Сенбі, 26 қаңтар, 2008 жыл

907 Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ АРНАСЫ

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің ұйымдастыруымен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері бас қосып, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Нұрила БӨЛЕКБАЕВА, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Талдықорған қалалық филиалының директоры Фарида ИБРАГИМОВАНЫҢ баяндамасын тыңдады.



Қажет АНДАС

Бас қосуды облыс әкімінің баспасөз қызметінің жетекшісі **Атсалым Идигов** ашып, бұл шараның маңызы мен арқалайтын жүгі туралы түсінік беріп өткен соң, сөз кезегін алған Нұрила Дәкенқызы өткірылып отырған жұмыстар жайлы есеп берді.

Халықты жұмыспен қамтуды және әлеуметтік жақтан қолдау көрсетуді мақсат еткен құзырлы орын 2007 жылы тыңғылықты жұмыстар атқарыпты. Аталмыш мекеме өткен жылы тұрақты жаңа жұмыс орындарын ашуға, азаматтарды кәсіби жақтан даярлауға, әлеуметтік-әлжуаз топтарға қолдау және мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсетуді ең негізгі қызмет түйіні ретінде қарап өнімді шаралар атқарған. Бұл шараларды іске асыруға облыс қаржысынан бір млрд. теңге қаржы бөлінген, бұдан басқа облыс әкімінің де арнайы көмектері толық игерілген. Нәтижесінде, 16934 жаңа жұмыс орындары ашылып, 18111 адам орналасқан, 47 мамандық бойынша 3364 адам кәсіби даярлаудан өтіп, мұның 10228-і жұмысқа тартылған. 2006 жылға қарағанда жұмыссыздық 0,4% төмендеп, азаматтардың жұмысқа орналасуы 91% жоғарылаған.

Тыңдған жылы да берекелі болатындығы анық. Себебі, аталмыш мекеме жұмысқа тың серпінмен кірісіп отыр. Өткен жылдарға қарағанда биыл облыс қаржысынан әлеуметтік салаға бөлініп отырған қаржы да комақты. Атқарылатын жұмыс жоспары да жүйелі. Бұдан дейін ескерілмей отырған салаларға да әлеуметтік көмектің жылы лебі тиетін болады. Яғни, бұл жылы Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оған теңестірілгендерге коммуналдық жеңілдік жасалады. Оған 62,5 млн. теңге бөлінген. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік сала мамандарына 165,6 млн.теңге, спорт, мәдениет саласының мамандарына коммуналдық көмек ретінде 209,7 млн. теңге бөлініп отыр. Қоғамдық көлікте тегін жүруші-лер үшін 116 млн. теңге қарастырылған. Бұдан тыс облыс әкімінің гранты бойынша жоғары оқу орнында оқитын жетім және тұрмысы төмен отбасынан шыққан 87 студентке 13,4 млн теңге жоспарланған. Сонымен бірге облысымызда бірінші рет өздері от жағатын аз камтамасыз етілетін отбасылардың тұрғын үй қызметін төлеуге 595,8 млн.теңге қарастырылған. Бұл 18 жасқа дейінгі балалары бар аз камтамасыз етілетін отбасыларға төленеді.

Ағымдағы жылдың бірінші қаңтарындағы мәлімет бойынша мүгедектер саны 49334, мұның 631-і Ұлы Отан соғысының мүгедегі, 44568-і ауру мүгедектер, 4134-і 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар. Бұлардың осы мүмкіндігі шектеулі жандарға протез-ортопедиялық көмек, санаторлық-курорттық жолдама, қозғалыс құралдарымен қамтамасыз ету, жеке көмекшімен, есту жөніндегі мүгедектерді ымдау тілі мамандарымен, гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету сияқты әлеуметтік қызмет көрсетудің жаңа түрлері енгізілген.

Осыдан соң сөз алған Фарида Шәріпқызы 2008 жылы жейнетақы тағайындау барысындағы өзгерістер мен толықтыруларға тоқталды. Баяндамасы тыңдан болған соң тілшілерден түскен сұрақтарға түсімды жауап беріліп, өткен жылдағы кемшіліктер жайлы түсініктер жасалды.

КӨЗҚАРАС

ПУТИННІҢ ЖОСПАРЫ

инфляциямен қақтығысып қалды



ВЛАДИМИР ПУТИН РФ ҮКІМЕТІНІҢ 2008 ЖЫЛҒЫ НӨМІРІ БІРІНШІ МІНДЕТІ ИНФЛЯЦИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕС БОЛАДЫ ДЕП МӘЛІМДЕДІ.

2008 жылы үкіметті Путиннің өзі басқаратындықтан инфляцияға қарсы саясат ол үшін негізгі басымдық болмақ.

Бағаның күрт өсуі қарапайым ресейліктер үшін саяси факторға айналды.

Егер РФ Үкіметі 2008 жылы инфляцияға қарсы тұра алмаса, онда билік пен экономиканың дағдарысы да көп күттірмейді. Элиталар арасында Путин үкіметі басқару туралы шешімді қантар мен сәуір айларындағы бағаны ырықтандыру қорытындысына сай қабылдайды, деген ақпараттар айтылуда. Осыған қарағанда, Медведев пен Путиннің басты басекелесі – инфляция болып тұр.

Еуропалық даму және қайта құру банкі (ЕБРР) баяндамасының жабық қосымшасындағы сарапшылық бағалауларға сәйкес, Ресейді инфляциялық доңы толқыны шұрықсәуір айларында басып қалмақ. Нақтырақ айтқанда, инфляция билікті ізбасарға беру сәтінде және Путин үкіметті басқаруды не құрметті лауазымға кетуді шешер кезге тура келеді.

ЕБРР экономистерінің айтуынша, әлемдік қаржылық дағдарыс бірінші кезекте Қазақстан, Ресей, Украина, Молдова сияқты елдердің экономикаларына кері әсер етеді. Инфляция – барлық елдер үшін ортақ проблема болғанымен, олардың әрқайсысындағы экономикалық дағдарыс өзіндік сценариймен өрістейді.

НАШАР СЦЕНАРИЙ:
2008 жылы әлемдік экономика соңғы 30 жылдағы ең үлкен дағдарысты бастан өткереді

«Нашар сценарий» – Халықаралық дағдарыска қарсы топтағы экономистердің 2007 жылдың қыркүйегінде дайындаған хаты. Ол Brookings Papers on Economic Activity журналы 2007 жылдың қыркүйегінде Вашингтонда ұйымдастырған конференцияда талқыланған болатын.

Осы конференцияда АҚШ федералдық резервтер жүйесінің бұрынғы басшысы Алан Гринспен сөйледі. Ол, 2007 жылғы нарықтағы оңғалар 1987 және 1998 жылдардағы дағдарыстарды ғана емес, 1837 жылғы күйреулерді, сондай-ақ, 1907 жылғы банктік құлдырауларды еске салады, деді.

2007 жылдың қорытындысына қарағанда, «ымырашыл экономистер» емес, «нашар хаттың» авторлары мен Гринспеннің айтқандары ықтималға тым жақын.

Дағдарыстардың алдын алу жөніндегі халықаралық топ, әлемдік экономиканың энергетикалық ресурстар мен азық-түліктің, несиелердің бір кезде кымбаттауымен алғаш рет бетпе-бет келіп отырғанын ескертеді. Олардың ойынша, дағдарыстың себебі – тұтыну мен өндіріс ырғағының өзгерулерінің сәйкессіздігінен ауыл шаруашылығы мен энергетика сынды негізгі салалардың баяу өсуі жағдайында тұтынушылық сұраныстың артуы болып табылады.

УКРАИНА:
табыска сай емес тірлік

Украина БАҚ-тары бірінші болып дабыл қақты. Сарапшылардың болжауына сәйкес, дағдарыстың шырқау шегі 2008 жылдың мамырына тап келеді. Әлеуметтік күйгелектер, бағаның жаппай қымбаттауы, металл мен шойынның әлемдік бағасының төмендеуі,газ бағасының көтерілуі – экономикалық дағдарыска жол ашатын факторлар болып саналады. Алайда, Украина үшін келіп калған дағдарыстың басты себебі – «табыска сай емес» тірлік. Украиналықтар мен украиналық экономика өз өндіретіндерінен артық тұтынады. Бұл сәйкессіздік, салыстырмалы түрде алғанда ярлан болып көрінетін шетелдік несиелік ресебінен қаржыландырылады. Әзірге, несиелік қаржаттар акциялар мен жылжымайтын мүлік рыногын жылытып тұрғанда, әрбір жеке несиегер ұтылмайтын лотерея болып көрінеді. Өйткені бағаның өсуі несиелер бойынша пайыздарды да артта калдырып отыр. Алайда, осыншу алтын жылға тәусылды, кешегі табыстардан басы айналғандарды қарызды қайтару кимындығы мазалауда. Осындай қаржылық желбуаздықтың құлау кезеңін, 1997-1998 жылдары «атиялық жолбарыстар», одан соң былтыр болған ипотекалық дағдарыстар барысында АҚШ тұрғындары бастан өткерді.

Украинадағы жағдайды, болашағын болжай алмаған азаматтар мен бизнесмендерге мемлекеттің өзі де қосылады. Бірінен соң бірі өтін жаткан сайлаулар, барлық саяси партиялардың көшбасшыларын кезді жұмыс тастап, КСРО кезінде салынған инфрақұрылымның құлдырауы есебінен, сондай-ақ, шетелдік несиелер арқылы болса да әлеуметтік шығындарды арттыру мен қолдаулардың жалғастыру және құрғақ уәделер жетегінде кетуге мәжбүрлейді.

«Дағдарыстан өту жөніндегі шаралар барлық кезде кең тарымаған. Өйткені олар сәйкессіздердің көп жұмыс істеп, аз табыс тауып біладіреді. Егер, оның құрбандығы ретінде электорат тандалса, онда ол алда келе жаткан сайлауда кек алады, бизнесмендер шетелдерге кету арқылы жауап кайтарады. Ал, шенеуниктер саяси партиялармен біте қайнасып кеткендіктен, өз мүдделерін қорғауды меңгеріп алған», – деп жазады «Украинская правда» газеті.

ҚАЗАҚСТАН:
азиялық жолбарыс жығылған жоқ

ЕББР-дің жабық баяндамасына сәйкес, әлемдік дағдарыс алғашқы және басты соққысын 2007 жылы Қазакстанға жасауға тиісті болатын. Қазақстан банктерінің әлемдік экономикаға интеграциялануының тым жоғарылығы ғаламдық тәуекелдерге мығайластықпен анықталды. Баяндамада «Банктік және язык-түліктік дағдарыстың ұясастығы елді 2007 жылы гиперинфляция катерінің алдына коядм. 2007 жылдың қазаны ең ауыртпалықты кезең. Осы уақытта экономика бағаның жылдам өсуінің жетегінде кетеді. Дағдарыстың қаншалықты тереңдеуі, ел Үкіметі мен Ұлттық банктің жедел әрі тиімді әрекеттеріне байланысты. Бірақ, 2007 жылғы күздегі күйзелістерден қашып құтылу мүмкін емес», – деп жазылған баяндамада. Алайда, Қазақстан Үкіметінің әрекеті елді дағдарыстан құтқарып қалды: 2007 жылдың соңында бағалар тұрақтап, ұлттық валюта белгілі сақталды.

Қазақстанның инфляцияға қарсы саясатының шаралары:

– **Азық-түліктік кауіпсіздік.** Бағаны тұрақтадыру үшін базарлардың жедел мүмкіндігі қамтамасыз етілді, әрбір аймакта азық-түліктің стратегиялық мемлекеттік қорлары жасалды.

– **Қаржылық тәсіл.** Қазақстан билігі шағын және орта кәсіпкерлікті, қаржылық жүйені, құрылысты қолдау үшін бюджеттен 4 миллиард теңге қарастырды.

– **Экспорттық-импорттық тәсіл.** Қазақстан азық-түлік тауарларының экспортын шектеп, импортын артырды.

– Әлемдік рынокгардың тұрақсыздығы және несиелердің кымбаттауына байланысты **сыртқы қарыз алудан бас тартты.** Осы тәсілдердің барлығын жүзеге асыру тек қана казакстандық үлгіде ғана мүмкін болды: дағдарыска қарсы штаб ретінде жұмыс істеген мықты президент – кәсіби үкімет. Болжамдарға қарағанда, билікті берудің бұлыңғыр сәтінде Ресейді басып калатын инфляциялық соққыны ресейлік үкімет котере ала ма? Бұл – болашақ саяси режимге қойылатын сауал?

Қазақша сабақтар: болжамдар бойынша, Қазакстаннан соң Ресейді де дағдарыс жайлайды

Күйзелістердің шырқау шегі Ресейдегі билікте ауыс-түйіс орын алатын 2008 жылдың сәуірине келеді деп күтілуде. Оның негізгі факторлары – азық-түлік пен жанар-жағармай бағаларының күрт өсуі, әлеуметтік карбаластық, бірқатар ірі корпорациялардың қаржылар бойынша дефолттары.

«Тұрақты экономикалық өсу көрсеткіштері мен мұнай бағасының жоғарылығына арка сүйеген ресейлік шенеуниктер, қазіргі уақытгағы елдің қаржылық жағдайының нетізше қауіп төніп тұрғанына қарамастан, келіп калған дағдарыстың белгілерін мойындағылары келмейді. Таяу жылдары инфляция ресейлік экономиканың басты проблемасына айналады дегенді үлкен сеніммен айтуға болады. Оған катысты бейкамдык пен макроэкономикалық көріністерді ескермеу, 2008 жылғы наурыз бен сәуірдегі саяси «маусымаралықта» елді үлкен дағдарыска ұшыратады. Дағдарыстың ұзактығы мен зардаптарының көлемі жаңа президент пен оның бакылаушымен құрылатын министрлер кабинетіне байланысты», – делінген баяндамада.

Батыстық сарапшылардың пікірі бойынша, Ресейге корпоративтік дефолттар кауіп төндіріп тұр. Құрылыс пен ауыл шаруашылығы, электроэнергетика, бөлшек сауда салаларында жұмыс істейтін компаниялар тұйыкка тіреледі. Газ өндіруді ұлғайта алмауға байланысты, жаңа әлемдік ставкалармен қайта несиелендіру мәселелері тіпті «Газпромның» өзіне де кері әсер етеді.

Үкімет бизнесті колдауда қиындықтарға тап болады: барлық ресурстар табиғи монополистер мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық тарифтерінің жедел өсуі, сондай-ақ, азық-түлік бағасының қымбаттауы кесірінен тұйыкка тіреледі. Инфляцияны өрлетіп жіберетін экономиканы инфляциядан алып шығуға жұмсалады. Шешуші инфляциялық соққы – 2007 жылдың соны мен 2008 жылдың басына жоспарланған бюджеттік шығындардың шамадан тыс өсіп кетуі.

Бір өкініштісі, дәл сол кезде Ресейде инфляцияны ауыздықтауға мүмкіндік беретін, қазақстандық тәжірибе – шетпен кабылдау орталығы болмайды.

Сонымен бірге сарапшылардың болжамдары бойынша, үкімет алдағы жылда да жалғасатын азық-түлік бағаларының әлемдік кымбаттауына жауап бере алатындай нақты шараларды да ұсынбапты.

Дәл кәзіргі кездегі номірі бірінші міндет – билікті өткізуді ауыртпалыксыз іске асыру. Мұндай жағдайда үкімет электораттың наразылықтарына жол бермеу үшін, күш колдану арқылы болса да инфляцияны сайлауға дейін тежеп тұра алады. Ал, оның түбегейлі айналысу жаңа үкіметтің иығына артылады. Күрделі жағдай мамыр-шілде айларында төтенше шаралар енгізуге итермелейді. Негізгі рыноктарға мемлекеттік монополияны енгізу үшін жауапкершілікті кім өзіне ала алады: Медведев? Путин? Немесе басқа біреу?

Осы орайда айтпағымыз, бізден көрінгі – Қазакстанда инфляцияға қарсы сақгата табысты рыноктық тәжірибе бар. Сарапшылар Қазақстанға қатысты 2007 жылы ұлттық валютаның күйреуі мен гиперинфляцияны болжаған еді. Алайда, ел «Х сағатын» дұрыс өткере алды, бағалардың тұрақтандырып қана қоймай, экономиканы өркендетуді де жалғастырды. Сондықтан Путин мен Медведевке Назарбаевтан үйренетін нәрселер көп десек, артық айтқандық бола қоймас.

Әзірлеген Болат АБАГАН.

КЕҢЕСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАЙДЫ

Бескөл ауылдық округі – аудандағы ауқымды округтердің бірі. Округ аумағында сегіз мыңнан астам халық тұрады. Өнеркәсіп, сауда, байланыс орындары, мемлекеттік мекемелер мен шаруашылық субъектілері көп орналасқан жер. Қант зауыты, бұрынғы ет комбинаты, астық қабылдау пункті, отын базалары, темір жол бекеті осы округтің аумағында.

Округтегі Бескөл кенті, Бұлақты ауылы, қант зауыты, астық қабылдау пункті поселкелері бір-бірімен жалғасқан әрі етек-жең жайылған ірі елді мекендер. Бұл жерде жалпы саны 150 шаруашылық субъектілері жұмыс істейді. Бескөл кентіне орналасқан «Алакөл-балық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өткен жылы 400 тонна балық қабылдап, 151 млн. 200 мың теңгенің өнімін шығарды. Балықтың сұрпы етін әзірлеп, шет елге шығарумен айналысатын бұл зауыт толағай табыс табумен қатар, жүздеген адамды жұмыспен қамтып отыр. «Қанағыновв» серіктестігі ұйық шығарумен айналысса, «Тауке» серіктестігі жергілікті тұрғындарды қызыл кірпішпен қамтамасыз етуде. Бұлұжым 2007 жылы 400 мың кірпіш шығарып, 7 млн. 300 мың теңгенің өнімін тапты. Округтегі төрт наубайхана өз тұрғындарын гана емес, маңайдағы ауылдарды да сапалы нанмен қамтамасыз етеді. Халыққа 51 сауда орны қызмет көрсетеді. Онда 250-ге жуық адам еңбек етеді. Өткен жылы тағы да 6 дүкен жаңадан салынып іске қосылды.

Округте 51 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірумен шұғылданатын диқандар былтыр 171 млн. теңгенің өнімін өндірді. Төрт түлік те тұрақты көбейіп келеді. Тұрғындарға мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек көрсетіліп, мұғалімдер мен дәрігерлерге коммуналдық жәрдем берілуде. Бір сөзбен айтқанда, жылдан-жылға ел экономикасы көтеріліп, халықтың тұрмысы түзеліп келеді. Сөйтсе де, ауылда көңілді алаңдатарлық, алі де жіті назар аударуды қажет ететін түстар баршылық. Бескөл ауылдық округі әкімінің жұртшылық алдында есеп берген жиналысында міне, осы мәселелер сөз болды.

Жиналыс әкімшілік жұмысының әр саласынан «тырнақ астынан кір іздеу» емес, орын алған олқылықтар ортақ кемшілігіміз, оны қалай жоямыз деген мақсаттағы келелі кеңеске айналды. Ауыл әкімшілігі өткен жылы тұрғындардан түскен сын-ескертпелердің орындалуы туралы хабарлама жасады. Былтыр кешелерге 550 тонна құм-қайыршақ төселіп, жол ретке келтірілді. Қанғыбас итперді ату жүзеге асырылды. Астық қабылдау посвлкесіне ауыз су жеткізу мәселесі биыл шешімін табады. Ағымдағы жылы бұл жұмысқа бюджеттен 40 млн. теңге бөлініп отыр. Жерасты суының көтерілуіне байланысты Бұлақты орта мектебінің маңайынан дренаждық канал қазылып, бұл жұмысқа 648 мың теңге жұмсалды. Қант зауыты поселкесінің көшелеріне жарық берілді. Бескөл кентіндегі балалар бақшасы күрделі жөндеуден өткізілді, таяуда ашылады.

Ауыл әкімі биыл да көшелерді ретке келтіріп, жолдарды жөндеу, елді мекендерді жарықтандыру , тағы басқа алда тұрған ауқымды жұмыстарды тілге тиек етті. Ауылдастар бұл мәселені одан әрі жалғастырып әкетті. Мысалы, ауыл тұрғыны С. Бреусов «округтегі халық саны жыл сайын өсіп келеді, сондықтан осы жерден дербес «жедел жәрдем» пунктін ашу қажет» десе, екінші тұрғын құлаған үйлердің үйіндісі мен күл-қоқысты шығарып, ауыл ажарына да көңіл бөлуді ұсынды.



ҰСЫНЫС

Бағдаршам және көпір

Қ. ЕСБАЕВ,Бескөл кентінің тұрғыны:

– Бүгінде машиналардың көбейюіне байланысты кенк көлемісы қиындап кетті, сондықтан Бескөл кентіне бірнеше жерден бағдаршам қою қажет. Көшелердегі көпірлер ескірді. Құбырларын ауыстыру керек. Көшелердегі үйеңкі, теректер құлап, электр желісін үзіп, тұрғын үйлер зардап шегуде. Сондықтан олардың бәрін жұлып тастап, орнына сәнді және жеміс ағаштарын отырғызуымыз керек. Бұл жұмыстардың бәрін ауыл әкіміне арға салмай бөлінбей жатгып жұмылуымыз қажет. Бұл орайда, кеше комитеттерін құрып, жұмысқа жандарын аямай, бегде жүрт ауылдың ажарына қарап азаматтарына баға беретін. Сондықтан ауылды көркгендіруге көбірек көңіл бөлейік. Екінші, мәнімізды мәселе астық қабылдау пункті посвлкесіндегі оқушылар Бескөл кентіндегі мектепте оқиды. Күн сайын екі жүздей астам бала темір жолды кесіп өтеді. Станциядағы сегіз жолдың күнде 40 состав өтеді. Жолды кесіп өту өте қауіпті. Кейбір жылдары адам өлімі де болып тұрады. Бұл тек оқушыларға гана емес, үлкендерге де қатерлі. Сондықтан құзырлы мекемелерге хабарласып асфалы көпір салу өте қажет.

– Иә, темір жолдан өту қауіпті екендігі бірнеше жылдан бері айтылып келеді, – деді ауыл әкімі өз сөзінде. – Бұл мәселені шешуге біздің шамамыз жетпеді. Енді аудан әкімі «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамының басшыларына тікелей шығып мәселе қойғалы отыр. Жағымды хабар күтудеміз.

Кеңесіп пішкен тон келте болмайды. Ауыл әкімі көпшіліктен кеңесе отырып, бірқатар жұмыстардың қалай жүзеге асатынын нақтылап алды. Жұртшылық та басшыларына қолдау білдіріп, бір жеңнен қол шығаруға ынталылық танытты.

С. ХАСЕНОВ.

АЛАКӨЛ АУДАНЫ

КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ

Дүйсенбі күні аудан бойынша алғашқы есеп беруін өткізіп, бірінші кезекте Қарашоқы ауылындағы тұрғындар алдында сөз алған Кербұлақ ауданының әкімі Нұрбай Жантілеуов бір жыл ішінде жүзеге асырылған шараларға жан-жақты тоқталуға тырысты.

Облыстағы ең ірі аграрлық аймақ болып саналатын аудандағы тірліктің алға басуына "Қызылжар", "Қарашоқы", "Жаңалық", "Шоқан" сынды өндірістік кооперативтер мен "Жолбарыс Агро" ЖШС, "Зарина" және "Дәурен" шаруа қожалықтары сүбелі үлестерін қосып келеді. Қазіргі кезде ауыл шаруашылығында 1921 шаруа қожалығы, 31 ауылшаруашылық құрылымы табысты еңбек етуде. Былтыр егістіктің әр гектарынан 16,5 центнерден өнім алынып, барлығы 130179 тонна алтын астық қамбаларға құйылыпты. Мал басы да арта түскен. Қайта өңдеу де қарқын алған. Сонымен бірге ауданда "Алматы облысы бойынша сүт мегафермасын" құру жобасын жүзеге асыру жолдары қарастырылуда. Алайда, ауыл шаруашылығында іріленшру ісі әлі күнге ойдағыдай болмай тұр. Ұсақ шаруашылықтар бастарын біріктіргенде ғана табыстарға тасқындайтынын толыққанды сезіне алмай отыр.

Аудан әкімінің айтуынша, Кербұлақтың бүгінгісінен кертеңі биік болмақ. Алдағы жылдары биоэтанол мен жемдік қоспалар зауыты салынбақ. Өнеркәсіпте өткен жылы бес бірдей жаңа кәсіпорын ашылыпты. Ал асты қазба байлықтарға түнып жатқан "Сары алтындай Сарыөзек" өңірінде болашақта орналастыру жоспарланған ірі өндіріс орындарының жобасы туралы айта берсек таусылмас...

Ауандағы білім беру мен денсаулық сақтау саласында да жақсы жаңалықтар бар. Былтырғы мектеп бітірушілердің төртеуі "Алтын белгі" иегері атанса, сол жылғы түлектердің 245-і мемлекеттік білім гранттарын алыпты. Алдағы жылдары Сарыөзек кентінде таза қазақ тілінде оқытатын орта мектеп пен кәсіптік-техникалық білім ошағын ашу жұмыстары да шешімін тапқанға ұқсайды. Сонымен бірге тағы бірнеше мектеп жаңалынбақ. Денсаулық сақтауды қаржыландыру еселеп артқанымен, бұл салада мамандар жетіспеушілігі өткір байқалады. Салауаттылық пен спортты насихаттауда әлегі істер көп. Бұлардан басқа да ел құлағына жағатын жаңалықтарды жұрт алдында байыпты түрде баяндаған аудан әкімі болашақ бағдарламаларды орындауға байланысты қолға алынатын шаралар туралы да айтып өтті. Олардың қатарында бүгінгі күнгі ең өзекті проблемалар қатарында аталатын ауыз сумен қамту, жолдарды жөндеу, шаруашылықтарды іріландыру, қылмысқа қарсы күресті күшейту сынды жұмыстар бар.

Аудан әкімінің есебін мұқият тыңдаған қарашоқылықтар, кеп сөйлеп жұртты мезі еткен жоқ. "Қарашоқы" өндірістік кооперативінің терагасы Мұхаметхан Нұрелов бастаған бірнеше адам көпшілік алдында көтеріліп, аудан басшысының өткен жылғы жұмысына қанағаттанатындықтарын айтты. Дегенмен, азды-көпті мәселелердің де кездесетінін жасырмаған тұрғындар оны-мұны проблемаларды бірлесе отырып шешуге мүмкіндіктерінің барлығын да мәлімдеді.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ.

*Ел алдындағы есеп***Ел алдындағы есеп***Ел алдындағы есеп***Ел алдындағы есеп****

Панфилов ауданының әкімі Ермек Әбілмәжінұлы Келемсейіт халық алдындағы есебін шекарадағы Басқұншы ауылдық округінен бастады. Округке қарасты Алмалы ауылының клубында өткізілген аудан әкімінің есебі басталмас бұрын, аудандағы салалық буын басшылары осындағы Елтінді батыр атындағы орта мектептің бос бөлмелерінде әркайсысы өздеріне қатысты мәселелер бойынша ауыл тұрғындарының сауалдарына жауап берді.

ТАЛПЫНЫС ТАЛАП ДЕҢГЕЙІНДЕ

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

– Аудан әкімі өткен жылы аудандық мәслихатқа 2 рет есеп берді.

– Бұл мәселе алқа мәжілісінде 13 рет қаралды.

– Аудандық бөлім бастықтарының, қалалық және барлық ауылдық округ әкімдерінің есептері аудан әкімі аппаратының мәжілісінде 26 рет тыңдалды.

– Өткен жылғы аудан әкімінің есепті кездесулеріне 3967 адам қатысып, олардың 82-і сөз сөйледі.

– Кездесулерде 107 ұсыныс айтылса, олардың 34-і әлеуметтік, 73-і экономикалық сипатта болды.

– 2007 жылы есеп беру кездесулерінде айтылған 107 ұсыныстың 103-і орындалды.

Есепті жиында Басқұншы ауылдық округінің әкімі Бірлікбай Жарықханбетов кіріспе сөз сөйлеп ашты. Бұдан кейін минберге көтерілген аудан әкімі Ермек Келемсейіт «Панфилов ауданының 2007 жылда әлеуметтік-экономикалық дамуы және оны одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары туралы» есепті баяндамасын жасады.

– Мине, елімізде ерекше із калдырған 2007 жылды да артта калдырып, үлкен үміт, зор сенімімен 2008 жылға да қадам бастық. Әмбеге аян, мұндай кезең – өткеніміді сараптап, алдағы атқаратын ауқымды міндеттерімізді айқындайтын сындарлы сәт. Осы тұрғыдан тарқатылағанда, өткен жылға ең әуелгі жоқ, –деп сөз бастаған аудан әкімі, өткен жылы елімізде жүз берген саяси оқиғаларды сарапай келіп, аудан халқының тыныс-тіршілігіндегі маңызды мәселелерді талдап тоқталды.

Панфилов ауданы тұрғындарының негізгі тіршілігі ауылшаруашылық өндірісімен тығыз байланысты болғандықтан бұл сала баяндамада жан-жақты сараланды. Ауыл еңбеккерлері өткен жылы өндірген барлық өнімдерінің құны 8,8 млрд. теңгеден асып, алдыңғы жылғы деңгейден 259,3 млн. теңге артық табыс тауыпты.

Ауданда өткен жылы өндірілген астықтың жалпы көлемі 102,5 мың тоннаны құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 12,6 мың тоннаға артты. Оның ішінде жүгері 96,6 мың тонна құрап, 14,6 мың тоннаға артса, картоп, бақша, өнеркәс, жеміс-жидек өндіру де ұлғайды. Тек, майлы дақылдардың егістік көлемі азайды. Сәйкесінше, дәнді дақылдар, оның ішінде негізгі дақыл – жүгерінің әр гектарынан алынатын өнім көлемі артты. Мысалы, жүгеріден 2006 жылы гектар сайын орта есеппен 44,7 центнерден өнім жиналса, өткен жылы ол 48 центнерге көтерілді, күздік бидай 15,8-ден 24,5 центнерге, қант қызылшасының тұқымы 7,1-ден 8,3 центнерге көбейіп, қант қызылшасын сапалы тұқыммен қамтамасыз етуге болады.

Мал шаруашылығында мал басының саны көбейіп, өнімділігі де артуда. Бұған ауданда қолға алынған мал тұқымын асылдандыру жұмысының нәтижесі игі ықпал етуде. Мысалы, асыл тұқымды мал өсірумен шұғылданатын шаруашылықтардың саны соңғы 2-3 жылда екі есеге көбейіп, 2007 жылы 9-ға жетсе, биыл оған тағы 2 шаруашылық қосылмақ. Мал бордақылауды қайта калпына келтіру қолға алынуда.

Ірі қараны қолдан ұрықтандыру өткен жылы ауданда өте төменгі деңгейде болғанын, бұл мәселе тіпті облыс әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетовтің тікелей назарына ұсынылғанын да өздеріңіз жақсы білесіздер, – деді аудан әкімі сөзінде. – Осы мәселені шешу үшін барлық әдіснамалық жұмыс істеуге тура келді. Нәтижесінде көрсеткіштеріміз біршама жақсарды. 2006 жылы 1927 ірі қара ұрықтасса, өткен жылы 5032 сиыр қолдан ұрықтандырылып, 2,6 есеге көбейді. Тағы арада аналық малдың 50 пайызын қамтып, түптің түбінде ауандағы 10000 сиырдың барлығын қолдан ұрықтандырумен қамтуға күш салуымыз қажет.

Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңартуға да көп мән берілп келеді. Өткен жылы Үшарал ауылдық округіндегі «Жантағуловв» ЖШК базасында семинар өткізіп, шет елден әкелінген техникаларды елге көрсетіп, сынақтарды елге көрсетіп, сынақтан өткізілді. Соның нәтижесінде бұл бағытқа үлкен бетбұрыс бұл бағытқа үлкен бетбұрыс бұл бағытқа үлкен жылы ауа жасалды. Тек өткен жылы ауданға жалпы құны 90,9 млн. теңгеге 67 жаңа әр түрлі ауыл шаруашылығы техникалары алынды.

Әкімнің баяндамасын талқылауға аудандық мәслихаттың депутаты, ЖШК жетекшісі Руслан Түсінбаев минберге көтерілді. Ол Алмалы ауылындағы Елтінді атындағы орта мектеп пен Басқұншы ауылындағы Мәдениет үйіне күрделі жөндеуден өткізу кажеттігін тілге тиек етсе, оралман Болат Құрсакбаев 5000 түп өрік, шабдалы, жеміс ағаштарын бұдандастырғышы, оның жемісін ауыл халқына бапрдағысын-ар-заңдатып сатпағыны, ал ауыл ақсақалы Тұрсын Сейтханов клуб пен медпункті күрделі жөндеуден өткізу, ауыз су, телефон орнату мәселелерін алға тартты.

Жиын соңында аудан әкімі сейлеушілер тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

Панфилов ауданы әкімінің Басқұншы ауылдық округінде өткен есеп беру жиналысына Қазакстан халқы кіші Ассамблеясының төрағасы **Габит Тұрсынбай** қатысты.

*Ел алдындағы есеп***Ел алдындағы есеп***Ел алдындағы есеп***Ел алдындағы есеп****

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Бағасы келісімді

■ ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТ

ЭНЕРГЕТИКТЕР ҚАЛАШЫҒЫ БОЙ КӨТЕРУДЕ

Таулы өлкеде бой көтеріп жатқан «Мойнақ» су электр станциясы жаңа ғасырдағы үлкен де іргелі, аса маңызды құрылыс тынысы. Мұндағы бірнеше бағытта жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстар күн жылынып, көктем шыққалы жадыраған сәуір айы тұғалы қарқын ала түсті. Ауданның әкімі Аян Айтжанов алғашқы жұмысын осынау ғасыр құрылысының жайымен танысудан басталған. Содан бері әр аптаның бейсенбі күні «Мойнақта» болатын жұмыс ырғағына арналған басқосуларына ауданнан арнайы адамдар қатысып отырады. Ауданға қатысты мәселелер шешімін табады.



(Солдан оңға қарай) учаске бастығы Қуаныш ОРЫНБАЕВ пен «Мойнақ» су электр станциясы бас директорының бірінші орынбасары, бас инженер Қалаубек БАЙМҰХАНБЕТОВ (ортада) жер асты су жолының бас қақпасы алдында құрылысшылармен әңгімелесуде.

Қ. БІРЖАНСАЛҰЛЫ

Өткен жылғы қыркүйек айынан басталған қалашықтағы сәнді де сәулетті, жобалы тұрғын үйлердің құрылысы жеп қанат жайыпты. Қайда қарасаң да қайнаған еңбек. Құрыш қолды құрылысшы жігіттердің қажырлы қимылдарына көз тоялы. Құрылыс учаскесінің бастығы Совет Болатұлының бірсыпыра жайға қанықтық.

Мұндағы құрылыс жұмыстары негізінен Мұрат Омаров басқаратын «Алматыобашуқұрылыс» акционерлік қоғамы қолына алып отыр. Қазір 80 үйдің құрылысы қауырт жүргізілуде. Бұл су электр станциясында еңбек ететін 444 маманға арналған үйлер. ТОО «Мая-Тас» деп аталатын фирма 10 үйдің іргетасын қалауда. Осынау көрікті жерде 5 бөлмелік 10 отбасына, 4 отбасына бөлмелік 40 және 3 бөлмелік 30 отбасына арналған сәулетті үйлер бой көтереді, – дейді Совет Болатұлы.

– Мойнақ ел-жерінің ырысы, оның цивилизация кәрдең-ақ тиюде. Жергілікті тұрғындардан бір бригада құрылыс жұмысымен айналысуда. Кеген, Жылысай, Жалаулы, Жаланаш, Ұзынбұлақ ауылдарынан келіп трактор, автокөлік жүргізіп жүргендер, құрылысқа араласқандар баршылық. Ғасыр жылнамасында, тарих беттерінде айшықтала жазылып қалар су электр станциясының қалашығын тұрғызуға жалпы 162 адам қатысуда. Күз айында сәнмен жарасқан тұрғын үйлер сап түзеп, мамандар қоныстанатын болады. Қалалық үлгімен салынып жатқан үйлер жарық қуатымен жылытылады. Оның шиыле суы, не қажеттінің бәрі ойластырылған. Бір сөзбен айтқанда, бой көтерген қалашық құрылысы – Жетісу өлкесіне цивилизация тараған су электр станциясының келешегін көз алдыға келтіреді. Су электр станциясындағы негізгі жұмыс – «Бестөбе» су қоймасын құрайтын басты бөгетте қарқын алуда. Бар күш соған жұмылдырылған. Оған келердің алдында «Мойнақ» су электр станциясы бас директорының бірінші орынбасары, бас инженер, Шығыс Қазақстан облысында осындай жарық көзін тарататын станцияда 25 жыл жұмыс істеген білікті маман Қалаубек Баймұханбетовтің бастауымен қосымша және негізгі жер асты су жолының бас қақпасында болдық. Мұнда да әрбір жұмыс мүқият, сапалы, өз талаптарына сай жасалып, жүргізілуде. Түрлі жағдайларға ойластырылған қосымша 507 метрлік жер асты су арнасының құрылысы толығымен біткен.

Кешегі күні Пекинде келісімшартқа қол қойылды. 9020 метрге созылатын негізгі жер асты су жолының (туннель) құрылысына Қытайдан 250 маман қатысады. Өзімізден мыңға тарта адам еңбек етеді деп күтілуде. Бұл жұмыс екі айдан кейін басталатын болады, – дейді бізге бас инженер Қалаубек Баймұханбетов.

Иә, ғасыр құрылысына ең қажетті мамандар жұмыска шақырылуда. Бұл тұрғыда республикалық газетке жарнамалар берілген. Мұндағы сан-салалы құрылыс жұмысында «Кернеу – Люмитед» компаниясы қарасты 96 адам еңбек етуде. Су бөгеті қазір 86 метрге көтерілген. Енді 12 метрге көтеретін жұмысы қалды. Жалпы биіктігі 98 метр болады. Ұзындығы 16 шақырымға дейін созылатын жасанды көл құралмақ. Болашақта ол тамаша табиғатпен жарасым тауып демалыс орындарына да айналары даусыз. Бөгет жұмысын биыл бітіру көзделіп отыр. Орайы келгенде ғасыр құрылысында қолтаңбаларын қалдырып жатқан учаске бастығы Қуаныш Орынбаевтың, прорабтар Сағадат Байбосын, Виктор Сынцин, Бақыт Шәкеев, Айболат Орынбаев, ретеуші Бақберген Мамытқұлов, жүргізушілер Амангелді Изатов, Ермек Абылханов, Қанат Мырзакенов, қуатты күрегіш тракторын жүргізетін Азат Жолдасов, Ерсерік Талдыбаев, Мәлік Шығысбаев, аспазшылар Гүлшауран Құдайбергенова, Гүлмира Мұхаметкерімованың есімдерін айтуға болады. Жер асты су жолының бас қақпасында еңбек етіп жүрген Айбек Қашағанов, Мұрат Есімов, Әділет Айжұманов, Мақсат Айтымбетов секілді дәнекерлеуші баска да құрылыс мамандары да мақтауға лайық. Ғасыр құрылысында «Орда» атты акционерлік қоғамы жол жасаумен айналысуда. Олар негізгі су электр станциясына дейінгі жолды жасауда. 7500 метрлік жол бітуге таяу. Келесі жылы асфальттатылып болады.

Тоғыз шақырым жер астымен жүретін тау өзенінің екпінді су арнасы 500 метрлік биіктіктен құлай ағып 300 мг.вт. қуат көзін тудырады. Жылына 1 млрд.27 млн. қуат көзі өндіріледі деп күтілуде. Бұл Жетісу өлкесін, облысымызды толықтай жарық көзімен, қуатымен қамтамасыз ететін болады. «Мойнақ» су электр станциясы Қазақстан бойынша осындай станциялар бойынша 5 орынға көтеріледі. Еліміз бойынша құндылығы, мән-мағынасы осында. Елбасымыз Н. Назарбаевтың бибігы. Жолдауында арнайы сөз етуі де соған саяды. Электриктер қалашығын салып жатқан жерде су мәселесі қиындау екен. Жылысай ауылынан тасымалдануда. Бұл да алдағы уақытта шешімін таппақ. Құрылыс жұмысын жүргізушілер ауданға келетін күре жолдан су электр станциясына дейінгі жолдың кеткен, бүлінген жерлерін жөндеп отыруды өз қамқорлықтарына алатынын айтты.

Әрине, Мойнаққа келер жолдың талапқа сай болуы аса маңызды. Құрылысқа қажетті материалдардың бәрі қаладан тасымалдануда. 20 тоннаға дейін жүк тиеген қуатты «МАЗ», «КрАЗ», «КамАЗ» көліктерінің жүрісіне бұрынғы жолдар шыдас беріп жатпағанын көзімізбен көрдік. Қажетті материалдардың бәрі тасымалданып алынғаннан кейін мұндағы жолдардың бәрі талапқа сай жасалынып, асфальттталады. Бұл туралы өткен жылы «Мойнақ» ГЭС-нің бас директоры Оразалы Қантаев жоспарлы жұмыстарын алға тартқан болатын.

Жазиралы өлкемізге нұр болып таралар, шам-шырақ болып жағылар «Мойнақ» су электр станциясының құрылысын үш жарым жылда бітіру жоспарланған. Талаптарына сай 2011 жылғы желтоқсан айына дейін іске қосылса да, ол күн алыс емес. Қалай десек те, бұл қуатты жарық көзі – халқымыздың игілігі.

«Мойнақ» су электр станциясы.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

2-БЕТ ЕЛДІҢ ӨРКЕНДЕУІН КӨРСЕТКІШ

3-БЕТ МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛГЕН

Жетісу жерінде

XXI ғасыр көшбасшысы

Осы тақырыппен «Хабар» телеарнасында жүргізілетін республикалық танымдық ойынның мектеп қабырғасындағы жастардың жан-жақты қабілетін ашуға тигізетін ықпалы зор.

Жуырда біздің ауданның Ақын Сара атындағы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Бағлан Мұқатаев осы танымдық сайыстан жүлдені оралды.

– Ұлымның білім мен жерде сарапқа салынатын сайысқа қошқелі ауғалы орта мектептің директоры Бибіш Төлегенқызының жетекшілігімен барлық пән мұғалімдері талапкердің сынға түсуіне кеңінен дайындалуына көмегін аямады. Соның нәтижесінде Бағлан екі іріктеу жарысынан өтіп, аптадық, айдық бәсекеде қатарластарынан озып шықты. Енді міне, маусымдық жарыстың жеңімпазы ретінде арнауды дипломға не болып, 100 мың теңгелік сыйақыны еншіледі, – дейді білім көгінен көрінуге құлпынас таныткан жеңімді жастың әкесі Серікқали Мұқатаев.

«Ізденген жетер мұратқа» деген халық даналығын басшылыққа алған талапты ұланның жылдық сайыста да жүлдығы жануына ықылас-ниетімізді қосамыз.

Жомарт ИГІМАН.

САРҚАН АУДАНЫ.

Шекарада базар орнайды

Тәуелсіз мемлекетіміз өзін-өркендей түскен сайын алыс-жақын шет елдермен әлеуметтік-экономикалық байланыс жақсара түсуде. Соның бір жарқын көрінісінде, Қырғызстан мен Қазақстанның Райымбек ауданы аумағында шектесетін шекара бекеті жанында екі жақ түлендіретін, түлендіретін көтерме сервистік сауда кешені тұрғызылатын болды.

Жақында екі жақты уағдаластыққа қол қойылды. Есте қалар әрісімге Қазақстан жағынан Алматы облысы әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков, Райымбек ауданының әкімі Аян Айтжанов, ал Қырғызстан жағынан Ыстықкөл облыстық мемлекеттік әкімшілігі бас әкімінің бірінші орынбасары Қалыбек Алышев, Түп аудандық мемлекеттік әкімшілігінің бас әкімі Өмірбек Шаршеналиев қол қойды. Екі елдің бір-бірі үшін жасайтын көтерме сервистік сауда базары мемлекетаралық сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі дамыта түседі. Экономикалық қызметтің мүмкіндіктерін кеңейтетін болады. Базар «Кеген» келеп бекетінің жанындағы бейтарап алқапта бой көтереді.

Қ. САТЫБАЛДИЕВ.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Құрметті Алматы облысы мен Талдықорған қаласының тұрғындары!

Алматы облыстық әкімдігі сіздерді Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, **2008 жылдың 1–31 мамыры** аралығында Қапшағай су қоймасында өтетін жыл сайынғы дәстүрлі «Іле – Балқаш регатасы – 2008» шарасына қатысуға шақырады. **Регатаның салтанатты ашылуы 2 мамыр күні, сағат 11.00-де «Таңбалы тас» шатқалында болады.**

Сіздердің табиғат аясында тың күш-жігер алып, сергіп қайтуларыңызға жақсы мүмкіндік туындап отыр.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП ДЕПАРТАМЕНТІ.



«Бестөбе» су қоймасын құрайтын басты бөгеттегі жұмыс ырғағы.

Суретті түсірген Ерлан МҰҚАНОВ.

КӨКТЕМГІ ЕГІС – 2008

ШАРУАГЕР ҚАРБАЛАСЫ БІР ТЫНБАЙДЫ



Еңбекшіқазақ ауыл шаруашылығы жан-жақты дамыған аудан. Жергілікті тұрғындар мал шаруашылығымен де, жеміс-жидек, көкөніс, бау-бақша өсірумен де, дәнді-дақылдар егіп дақпайлықпен де айналысады. Бүгінгі таңда осынау науқанды қызғын салада 1500-ден астам шаруа қожалықтары жұмыска кірісіп, жаңа төсін думанға бөлеген.

Баянды ЗӘКІРОВ

– Көктемнің ерте шығуына байланысты шаруагерлер де дала жұмысына күні бұрын қамданып, 16300 гектар себілген күздік бидайға қосымша тыңайтқыш сіңіріп, тырмалау жұмысын да дер кезінде аяқтады. Ерекше қоспаның нәтижесінде түптің көктеуі күшейіп, қыстан аман-есен шыққан өсімдік қалың сабақтанып, масақтың ірі болуына қолайлы жағдай туған. Сондықтан да биылғы өнімнің мол болатынына сенімдіміз, – дейді ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығының орынбасары Әділ Жұмағалиев. «Көктемнің бір күні жылға азық» деген. Сондықтан да шаруагерлердің көктемгі күнгі толассыз қимылы тыныр емес.

– Жаз айының ортасында жылдың төрт мезгілін – көктемді де, күзді де, қыстың да кездестіруге, яғни, табиғаты таңғажайып ауданның бұл шақта бір шеті күзге айналса, тау етегі көкорай көктемді елестетіп, тау басындағы жайлауларда қар боранын датып жатады. Аудан аумағындағы күнделікті тіршілік жыл бойы бірінен бірі жалғасып жататыны ақиқат. Егін егілін, бау-бақша, көкеніс отырғызылып бола, мамыр айының 20 - 25 аралығында жоңышқаға шалғы түсіп, қара бидай орыла бастайды. Осылайша шаруагер қарбаласы бір тынбай жалғаса береді.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

ҚҰРМЕТТІ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!



2008 жылдың 9 мамырында Талдықорған қаласының облыстық ипподромында ұлттық ат спорты түрлері бойынша Жеңіс күніне арналған республикалық жарыс өтеді.

Бағдарламада мына жайттар карастырылған:

12.00 Концерттік бағдарлама
12.45 Жарыстың салтанатты ашылуы
13.00 Қыз қуу
13.20 Қунан бәйге – 11 шақырымға
14.00 Аударыспақ
14.20 Тоғ бәйге – 16 шақырымға
15.00 Теңге алу
15.20 Жорға жарыс – 9 шақырымға
15.50 Аламан бәйге – 25 шақырымға
16.30 Көкпар
17.10 Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау.

Аламан бәйгеге, тоғ бәйгеге, қунан бәйгеге және жорға жарысқа қатысуға тақырыстар үйымдар мен жеке тұлғалардан қабылданады.

Бағдарламаның әрбір түріне бағалы жүлделер ойнатылады.

Жарыстың барлық түрлеріне тапсырыстар мына мекенжайда қабылданады: Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі, 222-үй. 304, 307-бөлмелер, факс: 25-64-08, 25-39-45.

Еңбекшіқазақ ауданының Көктөбе селолық округінде мәдениет пен білімді ту еткен, туыстық пен достықты жыр еткен «Достық нұры» атты қазақ пен ұйғырдың, ауандағы ұлттық мәдени орталықтары өкілдерінің күшақтары қауышқан ұйғыр мәдени күні мерекесі өткізілді.

Татулықты ту еткен

Мерекелік салтанатты ашқан аудан әкімі Әлихан Төлібаев сөзін ауандағы 49 ұлттан құралған 300 мыңға жуық халықтың өсіп-өркендеуі ұлтаралық достық пен бірлікке байланысты.

– Татулық бар жерде береке тұрақтайды, – деп бастап Елбасының халықтар достығын нығайтудағы сара саясаты мен халықтың азаматтық арттыруға арналған қамқорлығын жеткізе келе, ауданның әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы тыныс-тынысы жақсы екендігі туралы мәліметтерді ортаға салып, жиналғандарды бірлік күні деп жарияланып тойланып отырған мерекемен құттықтады.

Аудан аумағында қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі дамыту жайлы баяндама жасаған ауандық мәслихаттың хатшысы Әділбай Талқынбаев ұйғыр халқының беделі мен бедерлі жолдарын кеңінен тілге тиек етіп, қазақ халқымен тағдырлас болған тағылықты тарихына тоқталды. Ауданнан шыққан қоғам қайраткерлері – ұйғыр ағайындардың аттарын атап, өмір жолы өнегесін дәріптеді.

Кеңпейілді бауырластық ойпікірлері мен достық жүрекжарды лебіздерін білдірген қоғам қайраткерлері – жерлес жазушы Ахметжан Ашири, ғалым әрі ақын Мақсұт Абдрахманов, «Нұр Отан» ХДП-ы саяси кеңесінің мүшесі Дәмұрат Кузиев, республикалық және Алматы қаладық ұйғыр мәдени орталықтарының төрағалары Ахметжан Шардинов пен Абдуллам Үшуров, ауандық құрд мәдени орталығының төрағасы, т.б. құттықтап, халықтар бірлігі мен ынтымағына ешқашан сызат түсірмеу, жастар тәрбиесі жайлы ұлық сөздер айтып, өсиетті әңгімелер қозғады.

Аудан әкімдігі мен аудан жұртшылығы атынан ата салт-дәстүрміз бойынша бір топ шалы қауым өкілдері мен халықтар бірлігінің данекері болып жүрген белгілі азаматтарға шапан жабылып, алғыс хаттар мен марапаттар берілді. Еңбектері дәріптелді. Аудан әкімі мен ауандық мәслихат тағайындаған атақтар табыс етілді. Жиынға қатысушылар облыс жұртшылығына арнап «Бірлік туы берік болда» атты Үнқағу қабылдады.

Салтанат ұйғыр мәзіріне толы 500 адамға жайылған кең дастарқан басында жалғасып, соны ойын-сауық кешіне ұласты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

КӨКТӨБЕ АУЫЛЫ,
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 22 (17148) Бейсенбі, 19 ақпан, 2009 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Казахстан-2030

ресми хабарлар

КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ВЕНАҒА ЖҰРІП КЕТТІ

Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған Қазақстанның парламенттік делегациясы ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының Вена да болатын кезекті қысқы сессиясына қатысады.

Алдағы жиын аясында Ұйымның тұрақты комитеттерінің, сондай-ақ оның үш Жалпы комитеті саяси мәселелер мен қауіпсіздік, экономика мәселелері, қылым, технология және қоршаған орта комитеттерінде отырыстар өтеді.

2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасын таныстыруға арналған ақпарат сессия барысында К. Тоқаев баяндама жасайды.

Жоғарғы палатаның басшысы парламенттік қонамдастықты бағдарламаның негізгі мазмұны және мақсатымен, сондай-ақ ЕҚЫҰ-на төрағалық етуіне әзірлік аясындағы Қазақстан Парламентінің жан шығару қызметімен таныстырады.

Қазақстан мен Австрия арасындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту мақсатында Сенат Төрағасы К.Тоқаевтың Австрия Республикасының Президенті Хайнц Фишермен, сондай-ақ Австрия Федералды жиналысының (Парламентінің) басшысы – Федералдық Кеңесінің төрағасы Харальд Райзенбергермен және Ұлттық Кеңесінің төрағасы Барбара Праммермен кездесулері жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, қазақстандық парламентшілер «Австрия-Орталық Азия мен Кавказ маңы» тобының депутаттарымен кездесетін болады.

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАПТЫ

Сәрсенбінің сәтінде облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВ жұмыс сапарымен Ақсу ауданына барды. Облыстың бірінші басшысы Ақсуға барған сапарында ауданның машина-трактор стансысын, білім, денсаулық сақтау мекемелерінде болып, Молықбай қобызшы атындағы Мәдениет үйінің жағдайымен танысты.

Гүлжан ТҰРСЫН, "Жетісу"

Облыс әкімі жұмысты Жансүгіров кентінідегі 21 кәсіптік мектеп-лицейінен бастады. Кәсіптік мектепте бүгінде барлығы 245 оқушы оқиды. Лицейде 50 орынды екі информатика кабинеті бар. Облыс әкімі лицейдің жағдайымен танысу барысында оқу орнының кітапханасына бас сұқты. Кітапханашы Күлаш Нысанбаева қорда 21 мыңнан аса кітаптың барын айта келіп, қазақ тіліндегі оқу құралдарының аздығын тілге тиек етті. Мәселен, барлығы 5 мың 400 оқушының 2 мыңнан астамы ғана мемлекеттік тілдегі бөлімге оқиды. Кітапханашының бұл сауалын тыңдаған Серік Өбікенұлы облыстық білім басқармасының бастығы Ләззат Базарқұловаға балалар оқулығын толықтыруды тапсырды.

Мектептің өндіріс орнын аралау барысында болашақ мамандарды техника тілін меңгеруге баулуда үлкен шаралардың атқарылып жатқанын байқалады. Жонушы, дәнекерлеуші, ұста мамандары балаларды кәсіптік білімге баулуда. Серік Өбікенұлы лицей директоры Сәкен Еспаевқа балаларды іс тегінің шынар мамандыққа баулуда ағи де оқыту, тәрбиелеу жұмысын жандандыру керектігін айтты. Бүгінгі жағдайда барлық ата-ананың балаларын жоғары оқу орнында оқытуға мүмкіншілігі жетпейді. Ал білім алу, кәсіп меңгеру әр адамның болашақ өмірі. Елдегі кәсіптік мектептердің бар мүмкіншілігін пайдалана отырып, ауыл-аудандағы 9 сынып бітірушілерді аудандағы екі кәсіптік оқу орнына тартудың маңызы зор. Облыс әкімі бұл орайда ауыл әкімі Өскербек Дүйсенбаевқа білім ошағына жаңа техника алуды ұйымдастыруды тапсырды. Алдағы жылы осындай мектеп тағы үш ауданда ашылатындығы сөз болды.

Облыс әкімі бастаған топ одан кейін «Ақсу-МТС-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қорғы. Мұндағы техникалардың 90 пайызы жайдан алыныпты. Серіктестік негізінен жылыжайлық құрылымдарына қызмет көрсетеді. Серіктестікте барлығы 5 "КамАЗ", 10 "МТЗ-82", 10 "Беларусь-1221" тракторы, 2 «Енисей» астық жинау, 2 «ВКМ-900» қант қызылшасы комбайны және де басқа техникалар бар. МТС-тың қарамағына 18000 гектар жер берілген. Оның 2 мың гектары тәлімі жер, 1 мың гектары суармалы, 15000 гектар жайылымдық және шабындықты аймақты құрайды.

Бұнда серіктестік 432 гектар жерге тамшылатып суару әдісін қолданысқа енгізбекші. Онда бүгінде 60 адам еңбекпен қамтылған. Серіктестік көктемгі егіс және жыл-ерін науқаны кезінде сұраныс білдірген барлық шаруашылыққа қолұшын береді. Өткен жылы олар құрылымдарға 15 млн.-нан астам теңгенің қызметін көрсеткен. Облыс әкімі МТС-тарын ауыл шаруашылығына тиімді пайдасының зор екенін сөз етті. Көп шаруашылықтар техникадан кемшілік көруде. Осы орайда МТС-тардың өмірі зор болмақ.

Облыстың бірінші басшысы келесі кезекте ауылдық аурухананы барды. Аурухананың ірге тасы 1974 жылы қаланған. Өткен жылы жұқпалы аурулар бөлімшесіне жөндеу жұмысы жүргізілген. Серік Өбікенұлы аурухананы аралау барысында балалардың жағдайын көңіл бөлді. Дүниеге келген сәбилерді аман сақтап, өмірге бейімдеп шығару – дәрігерлердің міндеті. Нәрестелердің денсаулығының дұрыс болуына басы назар аударуы керектігіне назар аударызды. Аудандық аурухананың бас дәрігері Оңайғали Жұмағалиевтің айтуынша жыл басынан бері Ақсуда 137 сәби дүние есігін ашқан. Облыстың бірінші басшысы осы арада облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Мәралбек Мейірбековке шала туған балаларды өмірге бейімдейтін кондырғылардың көбейтілуіне ақшаны қарастыру керектігін айтты. Келесі кезекте аттасы спорт мектебіне бұрылды. Осыдан 4 жыл бұрын ашылған спорттық-спорттық 7 түріне балаларды тәрбиелеуде. Бұл бөрі ында Отанмайда жеңімпаздар Ақсұлтан Житкесіптің бауырлары ақлы ықпалы үстінде белдесуде екен.

Аудандағы Молықбай қобызшы атындағы Мәдениет сарайы соңғы жылдары күрделі жөндеуден өткізіліп, елдің игілігіне берілген. Облыстың бірінші басшысы мәдениет ошағымен де бас сұқты. Ақсулық әншілер ән мен жырдан шашу шашты.

Жұмыс сапарының екінші бөлігін облыс әкімі ауыл халқымен кездесуге арнады. Мұнда ауыл әкімі Өскербек Дүйсенбаев елдің жағдайын әңгіме етті. Дағдарыстың алдын алу барысында 9 жұмыс орнымен мемлекеттік қолдау көрсетіліп, қосымша 521 жаңа жұмыс орны ашылмақшы.

Кезекті кезекте облыстың бірінші басшысы Серік Үмбетов жиналған жұртшылықты облыстың бүгінгі жетістіктерімен таныстырды.

Бұнда жергілікті бюджеттен дағдарыстың алдын алу мақсатында 492 млн. теңге қаржының бөлінетіні сөз етілді. Және 8 мың 900 адам қоғамдық жұмысқа тартылып, 3 мың азаматқа қайта оқытылатыны елдің алдағы күнге деген сенімін арттырды. Бүгінде ән және жастар тәрбиесі басты мәселе екені рас. Бұл орайда құқық қорғаушылар, ақсақалдар алқасы тәрбиені босаңсытпауы керектігін баса айтты облыс басшысы.

Жұмыс барысында ауыл жұртшылығы облыс әкіміне көкейде жүрген арман-тілектерін айтты. Ақын Сара ауылындағы Мәдениет үйіне жөндеу жүргізілсе, мұрағат жаңалығы деген тілектер білдірілді. Оған облыс басшысы ынғайына қарай көмек көрсетілетінін айта келіп, алдағы уақытта бір кездері қыран қалған үйлерді жөндеуден өткізіп, кептеген дарекана ашуды облыстарыр керектігін айтып, жауапты адамдарға нақты тапсырмалар берді. «Ақсу-канто» зауытының жайы да әңгіме арқауына айналды. Алдағы маусымда зауыттың жүруіне барлық жағдай жасалмақ.

Кезекту соңында облыс әкімі Серік Өбікенұлы ақсулықтардың берекебірліктің құптады. Қашанда бақ пен мұрыстың мықтымағы жарасқан елге комектесем айтып, әкім мен мәслихат мәжілісмының жұмысына ауқым қалыптың қосты болуы керектігін жеткізді.

Қалың қалай, ағайын?

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Дағдарыс – әлемдегі ең өзекті мәселеге айналып отыр. Басты бағыт осы ала-сапырандың шығуына тура жолын табуда. Жасыратыны жоқ, біраздан бері теңге құнсыздануын, дағдарыстың алғашқы дебі де келе бастағанын аңғас. Бірақ, сиқат салынады болса, бұдан да қысылып жүріп шығамыз. Дегенмен, осының алдын алу жолында биік не істеп отыр? Ақтарылған халықтың көкірегі кереғ ле осы.

Осы бағытта облыс аумағында түрлі шаралар жүріп жатыр. Тәуелсіз Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Ермек Алпысов қаламгерлерге "СТІ ЕРКА" ЖШС-інде болып, атқарып кәсіпорынның жұмыс жағдайы мен жұмысшылардың әлеуметтік жақтан қамтылуын білуі қайтты.

Бюскосуда "СТІ ЕРКА" ЖШС-нің директоры Зәуреш Сыдыкова кәсіпорынның бүгінгі тынысы-тіршілігі жөнінде баяндап берді. Оның сөзіне сүйенсек, зауыт өнімдері Ресей, Литва, Молдова секілді елдерге шығарылатындықтан сұранысқа ие. Алайда, алдағайтын дегендей емес. Жұмысшылардың жалақысы уақытында беріліп, жаңа жұмыс орындарының ашылып жатқанын айтып өтті.

Жиналыста болған жұмысшылардан да сұрақ кері түсті. Олардың дені бөлектен жоспарлы шағын несиенің теңгеге айналғандығын беруін сұрайды. Жұртшылықтың түсіне сұрақтарға Талдықорған қалалық мәслихатының хатшысы Марат Бопаков тұшымды жауап беріп отырды. Сонымен Ермек Алпысов дағдарысқа қарсы қала әкімінің өткерген жатқан жұмыстарын түсіндіріп, қорытынды сөз сөйледі.

ТАЛАП БАР ЖЕРДЕ ТАБЫС БАР

Дүйсенбі күні «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының ғимаратында республикалық партиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Оңалбек Сәпиевтің қатысуымен облыстық, аудандық және қалалық партия филиалдары жанындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағаларымен семинар-тренинг болып өтті.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ, "Жетісу"

Оған аудандық және қалалық қоғамдық кеңестің төрағалары, Алматы облысы прокуратурасының, ішкі істер, әділет, экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменттерінің басшылары, Ақсу, Ескелді, Қаратал, Көрбұлақ, Көксу аудандары және Талдықорған, Текелі қалалары филиалдары төрағаларының бірінші орынбасарлары, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Отырысты ашып, жүргізіп отырған «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейітов партия филиалы атқарып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер жайлы хабарлама жасады. Бүгінгідей әлемді жайлаған қаржы дағдарысы ел экономикасына да ауыртпалық түсіріп отырған тұста қоғамдағы барша жауапкершілікті мойнына алып отырған «Нұр Отан» партиясының атқарар ісі мол екені түсінді. Осы орайда, Парламент Сенатының және Мәслихаттың депутаттары жағдаймен танысып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеді. Бюджеттің биылғы жылдың басынан бері ғана 10 депутат жиналды Жетісу жерінің әр өлкесінде болып, тұрғындармен әңгімелесіп, қоғамдық қабылдаулар өткізді.

Үстіміздегі жылдың 12 ақпанында Елбасы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Сайси кеңестің кеңейтілген мәжілісі болып өткені белгілі. Осы басқосуда Нұрсұлтан Әбішұлы "тіротаңдықтардың" алдында тұрған міндеттерді айта келіп, партия мүшелерінің жауапкершілігіне де тоқталған болатын. Осы орайда, партия жанынан құрылған тұрақты түрде жұмыс жасайтын бақылау комитетіне жүктелер міндет ауқымды. Ошар алдағы уақытта бюджеттен бөлінген әр теңгенің өз мақсатында жұмсалуына бақылау қоюы керек.

Бүгінгі күні халықтың сеніміне не болып отырған «Нұр Отан» партиясының беделін одан әрі де жоғарылата беру үшін ең алдымен партия мүшелерінің тазалығы мен тәртібі өз деңгейінде болуы керек екені түсінікті. Сондықтан жанадан құрылған комитет осы бағытта толыққанды жұмыс жүргізетін болады.

Осыдан кейін сөз алған «Нұр Отан» ХДП бақылау комитеті төрағасының орынбасары Оңалбек Сәпиев жиналғандарға комитеттің мақсаты мен міндеттері жайлы баяндап өтті:

– Өзіңіздің белгілі партия төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасымен 2008 жылдың 25 қарашасында тұрақты түрде жұмыс жасайтын партиялық орган – бақылау комитеті құрылған болатын, – деді ол сөзінің басында. – Бұл комитет партияның Жарғысы мен Ережелерінде белгіленген шеңберде барлық партия ұйымдарында партия мүшелерінің жоғарғы партия шешімдерін, оның көшбасшысының нұсқауларын орындауды бақылауға алатын болады. Комитетке жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы жұмысты ұйымдастыру,осы іспен айналысатын мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметін үйлестіру; ҚР Заңдарына сәйкес мемлекеттік органдардағы қоғамдық бақылау жұмысын жолға қою; мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін партия мүшелерінің қызметіне бақылау жасау; Парламент Мәжілісіндегі, барлық деңгейдегі мәслихаттардағы депутат фракцияларының, депутат партия мүшелерінің өз міндеттерін атқарудағы қызметіне бақылау қою міндеттері жүктелін отыр.

Бүгіндері облыстарда бақылау комиссияларын құру шаралары жүзеге асырылуда. Осыны айта келе, Оналбек Сәпиев «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы жанындағы бақылау комиссиясының төрағалығына күні кеше ғана Парламент Сенатының депутаты болып өлімдегі шындарын халық мүддесін ескере отырып қабылдануына, Жетісу өлкесінің экономикалық әлеуметтік дамуына бір кісідей үлес қосқан жерлесіміз Жомартқали Байсалұлы Жексембиновтің тағайындалғанын жариялады. Сонымен бірге, комиссия мүшелерінің де есімдері аталып өтті. Оған өткендігі қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік емес мекемелердің өкілдері де кіргізілген аталған комиссияның жалтақтамай жұмыс жасайтынына кепілдеме болса керек.

Келесі болып сөз алған Жомартқали Байсалұлы өзіне көрсетілп отырған сенім үшін алғысын білдіре келіп, комиссияның әдал әрі нәтижелі жұмыс жасайтынына үзде берді.

Ұйымдастыру шаралары аяқталғаннан кейін күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша семинар-тренингтің баяндамашыларына кезек берілген. Мұнда І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті заң факультетінің «Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, құқық магистрі Ербол Бейісов «Сыбайлас жемқорлық қоғамның дамуына кері әсер ететін фактор» тақырыбында, осы оқу орнының «Алматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының меңгерушісі," заң ғылымының кандидаты Гүлнұр Көпжасарова «Сыбайлас жемқорлықты тудыратын проблемалар», осы кафедраның аға оқытушысы Болат Сәрсен «Сыбайлас жемқорлыкпен күрес жүргізуде мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің мыралылығы», «Қаржы-экономика" кафедрасының оқытушысы Аскар Адамов «Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына тежегіш – жемқорлықтың кері әсері», «Экономика және менеджмент» кафедрасының оқытушысы Меруерт Құлшанова «Сыбайлас жемқорлыкпен күресудің қазақстандық үлгісі» тақырыбында баяндамалар жасады. Университет ұстаздары қоғамымызды жайлап отырған жемқорлық індетінің тарихы мен табиғаты жайлы ғана айтып қоймай, онымен күресудің жолдарына да тоқталған. Семинар-тренингке қатысушыларға әсіресе, жастардың жалтақтамай, жемқорлық жайлы өз ойларын ашық білдіруі, індетпен алдын алуға байланысты айтылған ой-пікірлері ерекше әсер калдырды. Қоғамымыздың ертеңгі иесі – жастар тәрбиесімен айналысып келе жатқан оқытушылар өз шәкірттерінің бойына алалдық, тазалық, ізгілік қасиеттерін сіңіре білсе, болашақта сыбайлас жемқорлық азаяды деуге негіз бар.

Жиынның соңында сөз алған «Нұр Отан» ХДП Көксу аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанасыл Жанатов, облыстық мәслихаттың депутаты, Талдар агробизнес-менеджмент колледжінің директоры Найля Үмбетова, Панфилов аудандық мәслихатының депутаты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қоғамдық кеңесінің төрағасы Құрманжан Ахметкалиевтар бақылау комиссиясының төрағасы болып тағайындалған Жомартқали Бекселбиновке Парламент Сенатында атқарған жұмысі үшін алғыс білдіріп, жаңа қызметінде сәттілік тіледі.

Сол сияқты семинар-тренингте көтерілген мәселелерге байланысты қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап берілді.

Жетісу жерінде

АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ

Жақында Мәтай орта мектебінің 10 «б» сынып оқушылары арасында Ы. Әділбековтың ұйымдастыруымен «Адам болам десеңіз» атты тәрбие сағаты болып өтті. Аталған шара барысында оқушылар алдының жақсы, жаман жақтарына көңіл бөлініп, Абайдың қара сөздерінен келтірген мысалдарымен мұғалімдерді таңғалдырды.

Мектепте мұндай шаралар жиі өткізілп тұрады. Өмегесі көп осындай шараларды оқушыларға берері мол. Оқушылар да әрқашан үлкен ұстінде. Сол үлгілеріңің арқасында сыныптастарым тәрбие сағатының қызығы өтуіне атсалысты. Бәрі өз пікірлерін білдіріп, ойларын ортаға салды.

Ринат АЙТЖЕКОВ, оқушы.

АҚСУ АУДАНЫ

ЖЕКЕ КУӘЛІКТЕР ТАПСЫРЫЛДЫ

Қаптағай қалалық әділет басқармасында 18 жасқа толған азаматтарға жеке куәлік салтанатты түрде табыс етілді. Бұл жиын «Нұр Отан» ХДП-ның қаптағайлық филиалының кеңесшісі Р. Жолдасбек пен Қаптағай қалалық ішкі істер бөлімі кәмелетке толмағандар полициясы бөлімінің аға инспекторы, капитан К. Тоқтыбаевтың қатысуымен, Қаптағай қалалық әділет басқармасының тарихи құжаттар және кіріс құжаттарын қабылдау бөлімінің бастығы О. Куприновтың құттықтауымен ресми түрде өтті.

Салтанатты рәсім барысында қолына куәлік алған жастарға мемлекеттік істерге қатысу жөніндегі азаматтық құқықтары таныстырылып, сайлауға және мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті басқару ұйымдарына сайлануға құқылы екендіктері жөнінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау жүйесіндегі ерекшеліктер туралы жан-жақты мәлімет берілді.

Ләззат ШЕКЕРБЕКОВА.

ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫ

АЛПЫСЫНШЫ ҮЙЫМ ҚҰРЫЛДЫ

Өткен жұмада «Нұр Отан» ХДП-сы Талғар аудандық филиалында «Партиямыз 10 жылдығына арнайы» атты тақырыпта бастауыш партия ұйымдарының күні өткізілін, онда ауандағы 59 бастауыш партия ұйымының қатары тағы бір бастауыш ұйымымен толығып, жалпы саны 60-қа жетіндігі салтанатты түрде аталып өтілді.

Үлбосын ИСАБЕК, "Жетісу"

Бүгін Алматы – Талғар қалаларының арасында күнделікті қарым-қатынас жұмысын қолға алып отырған Талғар қаласындағы жолаушылар тасымалдайтын автобус паркі еңбекшілерінің мита білдіруімен бастауыш партия ұйымын құрып, мұндағы 159 адамның 70-ін бірауыздан партия мүшелігіне өтуі негіз болды. Жолаушылар тасымалдауда уақтылы әрі сапалы қызмет көрсетуде кен алғысын арқалап жүрген автобус паркі озат жүргізушілері аз емес. Сондықтан да өз ісіне сергек әрі аскан жауапкершілікпен қарайтын ұжым мүшелерінің халықтың қамын ойлап, партия жұмысының алға басуында азаматтық үлес қосатындығына сенім білдірген «Нұр Отан» ХДП-сы Талғар аудандық филиалының төрағасы орынбасары Д.Қанаев партия мүшелерін қуанышпарымен құттықтады. Салтанатқа ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Уәлиханн Қалижан қатысып, «Нұр Отан» ХДП-сының 10 жыл ішінде атқарған абыройлы жұмыстарына тоқталып, "тіротаңдықтардың" әлемдік қаржы дағдарысына төтеп беруде де белсенді күш-қуат көрсететіндігін атады. Бұл орайда бастауыш ұйымдардың да үлес салғаны зор екендігін ой етті. Бұдан соң халықтың сеніміне не «Нұр Отан» ХДП-сының мүшелігіне өткен ұжым өкілдеріне еселі табыс тілеп, партия куәлігін салтанатты түрде тапсырды.

Аталған іс-шара бастауыш партия ұйымдарының рөлін нығайту, олардың жауапкершілігін арттыру, жұмысын жандандыру мақсатында өткізілгендігін атап өтпекпіз.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

ДАЙЫНДЫҚ ОЙДАҒЫДАЙ

Қанат БІРЖАНСАЛҰЛЫ, "Жетісу"

Мемлекетіміз үшін, оның басты байлығы болып саналатын адамдар үшін аса маңызды ұлттық халық санағына Райымбек ауданында да лайықты әзірлік жасалуда.

Аудан бойынша 9 санақ бөлімі құрылған. Олардың меңгерушілері өз міндеттеріне сай жұмыстарын жүргізуде. Ақпан айының алғашқы күндерінен бастап 68 нұсқаушы-бақылаушы іске кірісті. Мұның сыртында 282 санақшы маңызы зор іске өз үлестерін қосады.

Аудандық статистика бөліміне санаққа қажетті құралжабдықтар толығымен алынды. Санақ парақшалары да бар. Облыстан ақпараттық қағаздар әкелініп, жер-жерлерге таратылған. Олар әр елді мекендегі адамдар көп жиналатын жерлерден көрнекті орын алуда. Санаққа байланысты семинар өткізілді. Мұның сыртында Нарынқол, Кеген аймағы үшін екі жерде Сарыөзек және Кеген ауылдарында нұсқаушы-бақылаушылардың жиналыстары жалғасты.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.



ЕЛ-ЖҰРТ

Толқынды толқытқан мәселелер

ауыл тұрғындары бас қосқан жиында шешімін тапты

Баянды ЗӘКІРОВ, "Жетісу"

Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов, орынбасары Серік Мұқанов іссапармен Еңбекшіқазақ ауданында болып, Тескенсу селолық округіне қарасты Толқын ауылы тұрғындарымен, осындағы мектеп ұжымымен кездесті. Толқын орта мектебін аралап көрген облыс басшылары жиналғандармен байланты өңгіме желісін өрбітті. Облыс әкімі Серік Үмбетовтің арнайы тапсырмасымен келіп отырғандықтарын жеткізіп, тұрғындардан көкейкесті мәселелерін, талап-тілектерін ашық айтуды сұрады.

Аудан әкімі Ә. Тойбаев пен оның бірінші орынбасары Т. Жамалиятқа басқаруымен Толқын ауылы осыдан 35-40 жыл бұрын шағын қалашық үлгісінде салынған. Кеңес үкіметі кезінде тікелей Мәскеуге бағынатын радиоорталығы болған. Жаңа үлгідегі 11 үйде қазір 150 отбасы, 600-ге жуық адам тұрады. Электр қуаты жерасты желілері арқылы жалғанғанымен қым-қуыт көрінбейтін желілердің қайдан келіп, қайда кетіп жатқанын ешкім білмейді. Себебі, Кеңес үкіметі ыдырағаннан соң радиоорталықтың маман қызметкерлері түгел дерлік көшіп кеткен. Қазіргі тұрғындардың басым көпшілігі Қытайдан көшіп келген қандастарымыз. Ауыз су, канализация қалыпты жұмыс істеп тұр. Ауылға коммуналдық қызметті көнеден қалған «Қамқор» мемлекеттік қазынашылық, тұрған үй-жай кәсіпорны атқарып келген. Көпшілік көңілінен шығатай, дау туындаған бұл мекеме уақытша жабылып, оның жұмысын 9 адамнан құрылған бастамашылар тобы атқаруда. Аудан әкімдігі тарапынан қолұшы беріліп, электр тоғын желілері орнатылуда. Тұрғындардың 90 пайызының электр қуатын пайдалану есептегіш жаналанып, үй сыртына қойынды.

340 орындық жобалы мектеп ғимараты 1975 жылы пайдалануға берілген. Білім ордасында бұрын 300-ге жуық бала оқыса, көрші Көлді ауылында жаңа мектеп ашылуына байланысты оқушылар екі ауылға жарылып, бүгінгі таңда Толқын мектебінде 129 бала 21 мұғаліммен дәріс алуда. 2005 жылы 4,5 млн. теңге бөлініп, мектеп шатыры шифермен жабылды. 2007 жылы жылу жүйесі толық қайта жасалынып, оған 1,8 млн. теңге жұмсалған. Биыл 2 млн. теңгеге жуық қаржыға ішкі жарық жүйелері жаңаланды.

Ардагер ұстаз Жәдіс Ақылбеков, ауыл тұрғындары, ораламандар Сержан Мырза, Бағжхмет қария және Байғалидың айтқандары бір сарында болды. Электр жарығының жиі өшуіне байланысты «Қамқор» мен ауыл азаматтары арасында көпілжің орын алған. Аталмыш коммуналдық қызмет саласы тарапынан сату, арбау сияқты әрекеттер көмшіліктер жіберілгенін, электр қуатын ұрлаушылардың (жерасты желілерінің иесіздігінен) табылмай отырғандығына көңіл бөлді. Бау-бақша өсіріп, жермен айналысуға ағын судың жоқтығы, шағын кәсіпкерліктер ашуға қаражат тапшылығы туралы ойларын ортаға салды. Су құбырлары шіріген, ауыз су қымбат, ауылға көлер жол жөнделсе – деді.

Соңғы сөзді ауыл тұрғыны Үлбосын қаным ерітіндідей болды. «Кеп көтерген жүк жеңіл» демекші, бір-бірімізге сүйеу болайық. Мағынымыз бар, жеріміз жетеді. Енді не керек бізге, еңбек етейік, деп көпшілікті жақсы іске үндеді. Бұл пікірге жерлестері қол шапалақтап қолдау көрсетті.

Тұрғындар әңгімесін мұқият тыңдаған облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов ұсыныс-пікірлерге орай шағай ауылға үлкен көмек көлуші беретіндігін айтып, көпшілікпен жүргізіп нұр сепкендей қуанышқа бөлеп, сөрілтіп жіберді. Облыс әкімінің орынбасарлары ауылдан ауылды мемлекеттік мекемеге алу қарастырылатынын, электр қуатымен қамтамасыз ету мекемелермен келісім жасалынып, бұдан кейін жарық сөндірілмейтінін, су құбырына жолға ағымдағы жөндеу жүргізілетінін, жермен, кәсіпкерлікпен шұғылдануға мүмкіндіктер жасалатынын, ал, жазға қарай мектепті тап-түйнақтай етіп жөндеп беретінін естігендердің қуанышында шек болмады.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары уәде етілген атаалмыш жұмыстардың сметалық құжаттарын, қажетті хат, жолдамаларды жедел дайындауды өзімен ерілкелген облыстық құрылыс, коммуналдық қызмет, білім департаменттері басшыларына тапсырды.

ТОЛҚЫН АУЫЛЫ, ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 16 (17142) Бейсенбі, 5 ақпан, 2009 жыл. ●e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Қазақстан - 2030

ресми хабарлар

"Ұлттық ән-ауқат қоры туралы" Заң

ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары «Ұлттық ән-ауқат қоры туралы» Заң жобасын Парламент Сенаты тарапынан енгізілген өзгерістерді мақұлдап, қуатты қабылдады.

Естеріңізге сала кетейік, бұл заң жобасы Елбасының «Ұлттық экономиканың басекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында әзірленген. Заң жобасы Ұлттық ән-ауқат қорын ұйымдастыру мен оның тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталады, сондай-ақ Қордың мәртебесін, оның қызмет ерекшеліктерін айқындайды. Осыған орай аталған Қорға бірқатар ерекше өкілеттіктер беру көзделеді. Атап айтқанда, Үкіметтің шешімі бойынша стратегиялық нысаналарды, жер қойнауын пайдалануды неліктен айырықтатын құқығын және жер қойнауын пайдалану құқығына не зиянды тұлғаларға қатысу үлесін сатып алудың басым құқығы беріледі.

Тоқтала кететін жайт, «Самұрық-Қазына» Ұлттық ән-ауқат қоры – Үкіметтің Экономика және карнық жүйесін тұрақтандыру жөніндегі жоспарын орындауда негізгі операторы. Сондықтан да осы Қорға және заң әзірлеуін, және талаптарды орындау жүзеге асатын болады. Заң жобасы арқылы Қорға бірқатар ерекше өкілеттіктер беру көзделеді. Мәселен, Қорға меншік нелерінің неліктен шығаратын стратегиялық нысандарды Үкіметтің шешімі бойынша сатып алудың басым құқығы беріледі. Сондай-ақ, акция топтамасы ел занимасына сәйкес стратегиялық нысандарға жатқызылған ұйымдардың немесе республика экономикасын үшін маңызды стратегиялық мәні бар ұйымдардың банкроттығы кезінде конкурстық массаны Үкімет шешімі бойынша сатып алу басымдығы, бұдан басқа заңнамадағы тәртіппен банк акцияларын сатып алу құқығы да осы Қорға беріледі.

Құжатты талқылау барысында сенаторлар заң жобасына бірқатар өзгерістер енгізген болатын. Атап айтқанда, банктердің акцияларын сатып алу мен неліктен шығару, сондай-ақ аталған акцияларды сенімгерлікпен басқаруға беру жөніндегі Үкіметтің құзіретіне нақты құқық берілді.

Мәжіліс депутаттары Сенат тарапынан ұсынылған өзгерістермен келісіп, құжатты қабылдады. Сондай-ақ, жалпы отырыста осы құжатқа қатысты ілеспе заң жобасы да қабылданды. Атап айтқанда, «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық ән-ауқат қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Қазақстан инвестициялық қоры туралы» Заңының күші жойылды деп тану туралы» заң жобасына Сенат тарапынан енгізілген ұсыныстар қабылданды.

●ЕЛБАСЫ САПАРЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ГФР-ға ресми сапары маңызды оқиғаға ұласты. ГФР Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін 1992 жылы 11 ақпанда алғаш танығандардың бірі. Осы уақыттың ішінде Мемлекет басшысы бұл елге алтыншы рет ат басын тіреп отыр. Орталық Азия аймағындағы Қазақстанның жетекші рөлін мойындаған ГФР біздің елімізбен байланыс жасауға бірінші кезектегі басымдық береді.

БЕРЛИННІҢ БЕРЕРІ МОЛ



Бұл жолы да Елбасына Германия мемлекетінің басшылығы жоғары дәрежедегі ресми құрмет көрсетті. "Бельвю" сарайының қарсы алдында Нұрсұлтан Назарбаевты ГФР Федералдық Президенті Хорст Келер қарсы алды. Бір-біріне етене таныс екі ел басшысының жылы шырайлы сәлемдесуінен кейін Елбасы сарайдың кіре берісіндегі құрметті қонақтарға арналған кітапқа қолтаңба қалдырды. Содан кейін ел басшылары сарайдың ішкі алаңына өтіп, делегация құрамымен танысты. Екі ел президенттері алаңның ортасына орнатылған құрметті поднумға шығып, салтанатты сап түзеген құрметті қарауыл бастығының рапортын қабыл алды. Екі елдің әнұраны орындалды. Шежірелі неміс жерінің жүрегі – көне Берлин аспанында шақтың асқақ Әнұраны шарықтады. ГФР Президенті Хорст Көлердің қошеметімен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев құрметті қарауыл сапын аралап барады. Аспанда шарықтаған еліміздің Әнұраны, жағалай жел-бірегей Қазақстанның көк байрағы. Бір кездегі қаһарлы неміс жеріндегі осы көріністе жүрек қалай тебіренбес! Тәубе!

Мемлекет басшысы Германиядағы ресми сапарының жұмыс бағдарламасын әлемдегі аса беделді қаржы институттарының бірінен саналатын "Дойче Банктен" бастады. Мұнда Елбасын ГФР Федералдық экономика және технология министрі Михаэль Глосс және "Дойче Банк" АҚ-тың басқарушы директоры Петер Тилс қарсы алып, екі елдің қаржы салалары арасындағы ынтымақтастық және әлемдік қаржы дағдарысына байланысты қалыптасқан жағдайларды тілге тиек етті.

Содан кейін "Дойче Банк" ғимаратының мәжіліс залында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан-Германия бизнес-форумы болып өтті. Оны "Дойче Банк" АҚ-тың басқарушы директоры Петер Тилс кіріспе сөзбен ашып, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа сөз берді. Бұл форумға екі елдің 300-ден астам іскер топ өкілдері қатысты. Зал толы бизнес қауым өкілдері Елбасына орындарынан тұрып, ұзақ қол шапалақтап құрмет көрсетті. Елбасы неміс іскер топтары өкілдері көпшілікпен қатысып отырған бизнес-форумында сөйлеген сөзінде Қазақстан-Германия арасындағы саяси, әлеуметтік және сауда-экономикалық ынтымақтастығы мәселелеріне жан-жақты тоқталды.

Қазіргі күнде Германия Қазақстанның жетекші әрі маңызды сауда-экономикалық әріптесі болып саналады. Оған екі ел арасындағы қарқынды дамып отырған сауда айналымы дәлел болады. Сарапшылардың дерегі бойынша, өткен жылғы екі елдің сауда айналымы 6 миллиард еуродан асып жығылған. Мәселен, өткен жылдың он айында екі жақтың тауар айналымы 5,26 миллиард еуроны құрап, Германияға Қазақстан экспорты 3,86 млрд. еуро, импорты 1,40 млрд. еуро болған. Бұл орайда сыртқы сауда балансындағы Қазақстанның жағымды сальдосы 2,46 млрд. еурога жеткен. Бүгінде Қазақстанда Германия капиталының қатысуымен құрылған 700-ге тарта бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Екі жақты экономикалық байланыстың нығаюына 1998 жылдан бері тұрақты өткізіліп келе жатқан жыл сайынғы Германиядағы Қазақстан экономикасының күндері және Қазақстандағы Германия экономикасының күндері игі ықпал етуде.

Сонымен бірге, Елбасы форумға қатысушы іскер топ өкілдерін әлемдік қаржы дағдарысына қарамастан елімізің экономикалық даму деңгейінің қазіргі тұрақтылық жағдаймен, еліміздің қаржы дағдарысына қарсы жасалған бірлескен іс-қимыл жоспарымен, Қазақстан экономикасын әртараптандыру және елімізідің 2015 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы жоспарларымен таныстырды. Елімізде қабылданған "Еуропаға жол" мемлекеттік бағдарламасының игі бастамаларын тілге тиек етті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Германия Федеративтік Республикасының Федералдық канцлері Ангела Меркельмен кездесіп, екіжақты кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар Қазақстан-Германия ынтымақтастығының стратегиялық даму барысына қанағаттанғандық сезім білдіріп, екі ел болашағының жоғары деңгейлі байланысы үшін қажетті игі бағыттарды саралады. Содан кейін Федералдық канцлер Ангела Меркель Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне жұмыс бабындағы түскі конақасы ұйымдастырды. Бұдан кейін Елбасы мен Федералдық канцлер екі елдің бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, олардың бірқатар сұрақтарына жауап берді. Нұрсұлтан Назарбаев пен Ангела Меркель Германия жерінде өткен жоғары дәрежедегі кездесулер мен Қазақстан басшысының ресми сапары барысында өткен екіжақты шараларға жоғары баға берді.

Германияда Қазақстан жылын өткізу жөніндегі келісімге 2008 жылы ГФР Президенті Хорст Көлердің Қазақстанға жасаған ресми сапары кезінде қол жеткізілген болатын. Енді, міне, сол саяси мәні зор мәдени және тарихи шара Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың салтанатты ашу рәсімімен жақты іс жүзіне асырылып отыр. Осы бір ауқымды да маңызды шара – 2009 жылы Германиядағы Қазақстан жылын, ал 2010 жылы Қазақстандағы Германия жылын өткізу арқылы біздің елдеріміз мемлекетаралық байланыста жаңа стратегиялық деңгейге көтерілгендігін тағы да паш етті.

Қазақстан жылы шеңберінде өткізілетін шаралар жоспары аса ауқымды. Бұл орайда Қазақстанның "Еуропаға жол" атты мемлекеттік бағдарламасына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция, еліміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне байланысты саяси шаралар өткізу көзделіп отыр. Сол сияқты экономикалық, мәдени-әлеуметтік, денсаулық сақтау және білім беру салалары бойынша да ауқымды жоспарлар белгіленген. Жыл шеңберіндегі шаралар Берлинмен басқа Төменгі Саксония, Солтүстік Рейн-Вестфалия, Баден-Вюртемберг, Бавария және басқа да федералдық жерлерде өткізіледі.

Жетісу жерінде

Заман талабына сай

Аудан орталығына Отеген батыр кентіндегі мемлекеттік тілді оқыту орталығы өткен жылдың наурыз айында ашылған болатын. Сөзіміз бергі кезекте шынайы мемлекеттік тілді оқытудың бүгінгі бағыт-бағдарына сай жұмыстар жүргізілін келеді.

Ілияс ЖҰНІС,
"Жетісу"

Бір айта кетерлігі, ол қазіргі заман талабына сай ондаған компьютермен, жаңа жиһаздармен, музыкалық орталықпен қамтылған. Бүгін қоса Астана қаласындағы республикалық тіл комитеті қабылдаған оқыту бағдарламалары да осы жерден табылады.

Мемлекеттік тілді игеру бұл орталықта бастауыш, жалғастырушы, дамытушы болып үш топқа бөліну арқылы жүргізіледі. Оларға аудан орталығында білікті ұстаздар тартылған. Өткен жылы осы орталықтан 197 тыңдаушы қызметкер оқыса, олардың 94-і арнайы куәлік алып шықты. Ал бес мекеме қызметкерлері тегін, алты мекеме қызметкерлері ақылы топтарда оқылды.

Бүгінде орталықтан мемлекеттік тілді үйренуге деген ұсыныс-өтініштер ірі кәсіпорындардан көптеп түсуде. Олардың арасында «Оңтүстік – 1,2» айнек компаниясының, «Райымбек-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, бірқатар банк филиалдарының қызметкерлері бар.

Бір қуанарлығы, өткен жылдың қорытындысы бойынша облыстық тіл басқармасы тарапынан өткен оқыту орталығының жұмысы жоғары бағаланып, осында еңбек ететін оқытушы Г. Жанайбекова облыс әкімінің арнайы дипломына ие болып, бағалы сыйлықпен марапатталды. Бұл үрдіс одан әрі де жалғасын табатын болады.

ІЛЕ АУДАНЫ.

Ақиық ақынды ардақтады

Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күні қарсаңында «Нұр Отан» ХДП Панфилов аудандық филиалының қызметкерлері мен Жаркент қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы қазақ орта мектебінің ұжымы бірігіп, «Жандар естеліктер мен туралы...» атты тақырыпта театрланырылған үлкен жыр кешін өткізді. Кеште тек Мұқанның өлеңдері сөз ақылын, оның жырына жазылған әндер орындалды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
"Жетісу"

Бұл шара аудандық Мәдениет сарайында ұйымдастырылып, оған өңірдегі барлық білім ошақтарының мұғалімдері, округ әкімдері, аудан басшылары мен қоғамдық ұйым өкілдері шақырылды.

Кеште адам жанын сан қырынан әлдилеп тебірентетін Мұқанның сырлы жырлары екі сағат бойы жаңғырып, талай жас жүректі ақ сезімге бөлегені анық. Сахна төріндегі экранда алдаспан ақынның туып-өскен аспантаулы, жасыл жайлаулы өңірінің көркем көріністері бейнеленген түрлі-түсті слайдтар және ақынның өмірінің әр кездеріндегі фотосуреттері көрсетіліп, жиналған жұрт назарын арбап алды. Кеш барысы әсем әуендермен өрленді. Жыр кешінің осындай әте тартымды өтуіне ынтамен жұмыс жасаған Шоқан мектебінің директоры Нүсіпәлі Темірбаев пен қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Айнұр Сағымбекова, Жанна Нұрқасымбаева, Арай Байтулакова, Назым Томашевалар мен жоғары сынып оқушыларының еңбегіне жыр кешінің соңында сөз сөйлеген аудандық білім бөлімінің бастығы Бағила Жазылбекова алғыс айтты. «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы төрағасының орынбасары Ермек Нұрахметов ақын жырын оқуда алғырлық таныткан Шоқан мектебінің оқушысы Әлібек Нұркешке құттықтау хаты мен сыйлығын тапсырды.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

Үстіміздегі жылдың 25 ақпанынан бастап 6 наурызға дейін Қазақстанда Ұлттық халық санағын өткізу жоспарланып отыр. Оның нәтижелері бойынша халық санын, оның қалалық және ауылдық жер, жынысы мен жасы бойынша бөлінуін, ұлттық және әлеуметтік жағдайын, ұлттық құрамын, үй шаруашылықтарының саны мен сипаттамаларын, өмір сүру қарастыруларының көлемін, жұмыспен қамтылуын және тұрғын үй жағдайларын сипаттайтын мәлімметтер алынады.

САНАҚҚА САЙЛАНЫП ОТЫРМЫЗ

Әр азаматқа жеке анкеталық құжаттарына кепілдік беріледі, бұл үшін жауапкершілік санақшыларға жүктеледі.

Ұлттық санақтың мақсаты орасан – бұл Қазақстанның әр тұрғыны жөніндегі егжей-тегжейлі анкеталық жинақтың еңбек ету қабілеттілігі, ерекшелік мен әйелдер саны және санақтық басқа да деректері алдыңғы онжылдықпен қорытынды дәлелдеуге қажет. Республикалық жоспарлаушы барлығы да бастауын аудандардан алатынын ескерсек, осы санаққа барлығымыз да бір кісідей ат салысуымыз керек.

Халық санағының нәтижесі айна іспеттес, аудандымыздың әлеуметтік өмірінің шынайы бейнесін көрсетеді.

2009 жылғы Ұлттық халық санағын дайындау және өткізу барысында ауданда жергілікті комиссиялық құрылып, іс-жоспар бойынша жұмыс істейді.

Барлық округтерде санақ персоналдары белгілерімен қамтамасыз етіледі.

Ұлттық санақты жүргізу барысында жекелік кесте бойынша аудандағы мекемелерге сапалық жауапты қызметкерлер туралы сұраныс хаттар жіберіледі. Барлық мекемелер уақытылы жауап беруі керек.

Аудандық «Сарқан» газетіне 7 рет халық санағы туралы мақала жарияланады.

Сарқан қаласының екі көшесі жерінде санақтың мерзімі туралы бюллетендер ілінді.

Желтоқсан кеште жоспары бойынша ауылдық округтерде тұрғындармен кездесулер болып, санақ барысы туралы жиналыстар өтті. Сарқан қаласы округі бойынша 3 жерде тұрғындармен кездесулер өткізілді. Ұлттық санақтың маңызы, оған мындетті түрде қатысу туралы айтылды.

«Нұр Отан» ХДП мүшелері мен аудандық мәслихат депутаттарының құрылған қоғамдық белсенділер де халықпен кездесулер өткізуде.

Санақ персоналдарының тізімдері жасалды. Жоспар бойынша 4 санақ бөлімі құрылды. Олар – Лепсі, Қойлық, Алмалы, Сарқан округтерінде. Санақ бөліміне мемгруппалері 5 кантардан бері жоспар бойынша жұмыстарын жасап жатыр. 34 бақылаушы-нұсқаушылар, 144 санақшылар жекелік кестеге сәйкес қабылданады. Бүгінгі күнге 178 адам тестіден өткізіліп, практикі кейіпі.

Барлықтарыңызды санақты қатаң қатысып, аудан бойынша санақты абыроймен өткізуге шақырамын.

Ф. ҚҰМАР
Сарқан ауданлық статистика бөлімінің бастығы.

●Әкімдер есебі: МӘСЕЛЕ МЕН НӘТИЖЕ

АЙҚЫН МАҚСАТ, БЕРІК БАҒДАР

Таяуда Ескелді ауданының әкімі Сұлтан Дүйсембінов бір жылдық атқарылған жұмыстар туралы халық алдында есеп берді. Жиналысқа аудандық мәслихаттың депутаттары, барлық елді мекен тұрғындарының өкілдері, үкіметтік емес ұйым мүшелері мен аудандық мекеме, бөлім басшылары қатысты. Аталмыш жиналысты аудандық мәслихаттың хатшысы Қалабек Тастанбеков жүргізіп отырды.Әулие бабаның атымен аталған Ескелді ауданы облыс орталығына ең жақын орналасқан. Аудан еңбеккерлері өткен жылды бірлік пен берекенің, жетістіктер мен мүмкіндіктердің жылы ретінде жақтады.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Жалпы есеп беру жиындары басталғаннан бері аудан әкімі Сұлтан Мырзабекұлы елді мекен тұрғындары және әкімдерімен 34 рет кездесу өткізген екен. Кездесулер барысында тұрғындар атқарылған істермен танысып, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Бүгінгі есепті кездесу барысында барлық салалардағы тың жетістіктер адамды қуантады. Бюджет түсімдері 955 млн. теңгені құрап, болжам 104 пайызға, оның ішінде жергілікті бюджет 358 млн. теңгеге немесе 109 пайызға, республикалық бюджет 637 млн. теңгеге немесе 102 пайызға орындалды. Аудан экономикасын қаржыландыруға 1 млрд. 909 млн. теңге инвестиция, оның ішінде 248 млн. теңге кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен тартылды.

Өнеркәсіп қарқынды дамып, өндірілген жалпы өнім 7 млрд. 363 млн. теңгені құрады. Сонымен бірге Қаратал өзеніне қуаты 4,5 мгвт/сағ су электр стансысы салынып, іске қосылды. Ағымдағы жылы 3-ші және 4-ші каскад су электр стансысын салу жұмысы жоспарланып отыр.

Облысымыз аграрлы аймақ. Сондықтан халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығын салысында қомақты жұмыстар атқарылып 8 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Бұл өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 2 млрд. теңгеге артық. Төрт түліктің саны артты. Озық технологияларды өндіріске енгізді.

Бүгінгі таңда ауданда 2203 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның 1495-ы шаруа қожалықтары. Өткен жылы Үкімет шаруа қожалықтарына 154 млн. теңге субсидия бөлді. Қарабұлақ, Алдабергенов, Бақтыбай ауылдық округтерінде жылжай салуға 35 га жер беріледі. "Витязь" шаруа қожалығы балық өсіруді қолға алған.

Мемлекеттік бағдарламаға сай, елді мекендерді абаттандыру, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында айтарлықтай жұмыстар атқарылған. Ауылдарға жарық жеткізіліп, санитарлық жағдай жақсарды. Аялама, жолдар жөнсуден өтті. Қарабұлақ – Текелі жолының 2 кезеңін салуға бөлінген қаржы толық игеріледі. 2 коммуналдық, 7 жалға берілетін тұрғын үй құрылысы жүргізіледі. Қарабұлақ, Бақтыбай ауылынан 200 үйдің құрылыс орны белгіленіп, үй иелеріне беріледі.

"Денсаулық зор байлық" демекші, аудандық емхана, Алдабергенов, Төленгіт, Ақши Сара ауылдық округтерінің дәрігерлік амбулаториясы күрделі жөндеуден өтті. Нәтижесінде жұқпалы аурулар ауыздықталды. Кешенек ұрпақтың білімді, білікті, дарынды өтіп тәрбиелеуді мақсат еткен аудан әкімдігі білім беру саласына 1 млрд. 143 млн. теңге қаржы бөліп. Жетісу орта мектебі күрделі жөндеуден өткізілді. Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының жылу жүйесі, М. Мәметова атындағы мектептің шатыры жөнделген. Жасөспірімдер және жастар спорт мектебінің құрылысына бөлінген қаржы толығымен игерілінті.

Қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру шаралары да назардан тыс қалмаған.

Жалпы 2008 жылы аудан әкімінің алға қойған міндеттері толықтай орындалғанын байқалады. Былтырғы есеп беру жиынында тұрғындар көтерген мәселелер негізінен шешімін тапқан. Сонымен қатар алдағы жұмыс жоспарларына сай халықтың мүддесі ескеріледі. Өйткені айқын мақсат, берік бағдар бар.

Осыдан кейін жарыссөзге шыққан аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Тәти Тазабеков, "Ескелді" өндірістік кооперативінің төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаты Серік Сәрсен, аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Е. Целишева, "Хильниченко және К" командиттік серіктестігі төрағасының орынбасары Хайдар Мұқашев, "Қазақтелеком"АҚ бөлімшесінің бастығы Омар Сәрсембай, Жетісу орта мектебінің мұғалімі С. Есдәулетова аудан әкімінің есеп беріп отырған уақыт аралығындағы жұмысына "қанағаттанарлық" деген баға беріп, өздерін толғандырып жүрген ойларын да ортаға салды. Олар негізінен, жұқпалы аурулармен күресті күшейту, көшелер мен жолдарды жөндеу, Мәдениет үйлері мен балабақшаларды іске қосу, шаруа қожалықтары салып жатқан тұрғын үйлерге коммуникациялық инфрақұрылымын жақсартуға қаржылай көмек көрсету бағытында өрбіді. Сонымен бірге, су қайнары тартылған "Ушкөдік" экологияға ауыр зардап әкелін жатқаны қоғалын, облыс әкімінің осы келелі мәселені шешіп беруін сұралы.

Осыдан кейін мінберге көтерілген облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков жалпы өлкемізде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардан хабардар етті. Сонымен бірге, алдағы уақытта облыс әкімі тарапынан жасалатын жұмыстарға да тоқталып өтті.

Жиын соңында Сұлтан Дүйсембінов келіп түскен сауалдарға жан-жақты жауап берді.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ БӨЛІМІ АШЫЛДЫ

Иә, аудан орталығынан 100 шақырым, Алматы қаласынан 250 шақырым жерде орналасқан Жаланаш ауылындағы учаскелік ауруханаға биылғы жаңа жыл жақсылықтарын ала келді. Ақпан айының алғашқы күнінен мұнда жедел жәрдем бөлімі ашылып, іске кірісті.

Қ.БІРЖАНСАЛҰЛЫ,
"Жетісу"

Бұл аталған аурухана ұжымын, 6861 жас тұратын Жаланаш ауылының тұрғындарын да бір серпілтіп тастады. Дәрігерлік шаңырақка жедел жәрдем бөлімінің ашылуына байланысты фельдшері, жүргізушілері, өзге де қатардағы қызметкерлері бар 22 штат берілді. Осының алдал еңбегінен қамтылып, қуанышқа бөленді.

– Тұрғын үй болса, бізге ең қажетті реанматолог, акушер-гинеколог секілді мамандардың келетіні даусыз. Мамандар үшін 2 тұрғын үй бұл бізді ауылдан салынса деген ұсынысымыз, тілегіміз бар, – дейді учаскелік аурухананың бас дәрігері Қуанышбек Әділханов. Өткен жылы аталған дәрігерлік шаңырақ 1 «УЗИ» аппаратын алған. «Жедел жәрдем» көлігіне не болды. Елбасымыз Н. Назарбаевтың ана мен баланың, адамдардың денсаулығы үшін қолға алған жұмыстарының жарқын көрінісі шалғайдағы ауылдан осылайша көрінуде. Бұл ел қоналын де нұрландырады.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.



Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ №20 (17146) сенбі, 14 қаңтар, 2009 жыл

ЗИЯЛЫЛАР 4-БЕТ

ОЛИМПИАДА НЕ КӨРСЕТТІ? 5-БЕТ

АЙҚАБАҚ 6-БЕТ

КӨП КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Бейсенбі күні Алматы облысының әкімі, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы облыстық филиалының басшысы Серік Үмбетовтің төрағалық етуімен партия филиалы Сайлау жиыны бюросының кеңейтілген отырысы болып өтті. Оған облыстық партия филиалы Сайлау комиссиясының мүшелері, бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері, аудандық және қалалық мәслихаттың хатшылары мен партия филиалдарының төрағалары, олардың бірінші орынбасарлары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Күні ҚАЙРАНБАЕВ, "Жетісу"

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының 2008 жылы өткерген жұмысы жөнінде және облыстық партия ұйымының алға қойған басты мақсат-міндеттері» тақырыбындағы баяндаманы партия филиалы төрағасының орынбасары Салық Әбілдаұлы жасады.

– 2008 жылғы 17 қаңтарда өткен «Нұр Отан» ХДП Сайлау комиссиясы отырысында партияның алдағы атқарар міндеттері айқындалды. Бүгінгі таңда «Нұр Отан» қоғамдық-саяси жүйеде басының үлесіне не. Ол Қазақстан халқының мүддесін қорғайтын және демократиялық бағытты насихаттайтын халықтық партия ретінде танылуда, – деді ол сөзінің басында. – Парламенттік және мәслихат сайлауында жалпы алынған дауыстың 88 пайызы «Қазақстанның өсіп-өркендеуі мен ынтымақтастықтарын игілігі үшін: біз елдің әрбір азаматының өмірін қалай жақсартамыз?» атты Халықтық тұғырнама бүтіндей елімізде маңызды мәселелерді шешуге бағытталған іс-шаралар өткізуге мүмкіндік берді. Мысалы, Алакөл ауданындағы барлық «ноғатайлық» депутаттар қоғамдық қабылдау бөлмесінде 7-ақ адамды қабылдаса, Қаратал ауданының депутаттары 1 адаммен отыншыл ұмтылған. Ал Текелі қаласында депутаттық фракция жұмысы мүлдем жоқ деп айтуға болады.

Қол жеткен экономикалық бағаға сүйене отырып, «Нұр Отан» партиясы қоғамды одан әрі демократияландыру бағытында біріктер бюсым бағытталады. Осы орайда, барлық меңгеруге жабылған әлеуметтік дағдарысқа қарсы күрес мақсатында бағынған өсуін шектеуге, инфляцияға қарсы күрес ұйымдастыру, халыққа мелиоративтік қызмет, білім беру саласын одан әрі дамыту, халықты жұмыспен қамту, бос жұмыс орындар жәрмеңкесін жиі өткізу, сыбайлас жемқорлыққа күрес жұмысын жалғастыру, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, тұрақтылық пен ұлттық келісімді қамтамасыз ету, тіл мен жастар саласын жүзеге асыру жұмыстарын белсенді түрде жүзеге асыратын болады.

Күн тәртібіне қойылған мәселені талқылауға қатысқан Еңбекшіқазақ аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары, аудандық мәслихаттың депутаты Бақытжан Мұқанов, Талдықорған облыстық облыс қарсы күрес стансысының басшысы Валерий Иванович Сапожников, Панфилов ауданы, Б. Нақым атындағы орта мектептің директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Сәния Зұлқарова, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 3-курс студенті «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшесі Зарина Алияхметова, облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы, облыстық партия филиалы Сайлау комиссиясы бюросының мүшесі Гүлжиһан Сүлейменованың 2008 жылы өздері атқарған жұмыстарға жан-жақты тоқтала кеші, әлемдік дағдарысқа қарсы тұрғын құрылыншыларға байланысты мемлекеттімізде орын алған қиындықтарға қарсы күрес жөніндегі өз ойларын ортаға салған. Мысалы, В.Сапожников халық тұтынатын тауарлардың бағасын тұрақтандыру үшін «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы жанынан салуда орындағандығы баға мониторингін бақылауға алатын арнайы комитет құрсы ұсынды.

Сәния Сұлтықызы халықтың сенімине ие болған «Нұр Отан» партиясының беделін одан әрі арттыру үшін бұрынғыдай да өскелең жұмыс жасау қажеттігіне тоқталды. Зарина Мұратқызы мен Гүлжиһан Мағданқызы өз сөздерінде бүгінгі күні мемлекеттік маңызға ие болып отырған жастар мәселесі жайлы ой толғамдарын ортаға салды. Өлкеміздің ішкі саясат басқармасын басқарып отырған Гүлжиһан Мағданқызының осы орайда атқарған жұмыстар жайлы айтқан әңгімесі көпшілікке қонымды.

Жарқасқа аяқталғанын кейін күн тәртібіндегі мәселені қорытындылаған Серік Әбікенұлы мінбеден айтылған ұсыныс-пікірлерге қатысты нақтылы жауап беріп, «жұртшылықтың» алдына жүктемді міндеттер қойды. Облыстық бүгінгі күні экономикалық ахуалын сарапқа келе ол әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында халықты қолдау-қорғау шараларын қолға алу тапсырылды. Ал жергілікті билік органдарына өз кезегінде тауар жеткізушілер арасында түсінік жұмыстарын жүргізуі қажеттігі баса айтылды.

Қимылның соңында Серік Үмбетов «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының 10 жылдық мерейтойына орай бір топ азаматтарға Ерлікбай Әлімқұловтың, партияның Төрағасы Н. Назарбаевтың Алғыс хаттарын табыс етті. Бұл жолы Үйғыр ауданының көгілдір жейтектер М. Қасымов, Ақсу ауданның мәслихатының бас маманы О. Исанова, «Бірлік» агрофирмасының директоры Ә. Қыстаубаев, Қарасай ауданның партия филиалы төрағасының орынбасары С. Тұяқбаев, Іле ауданның мәслихатының депутаты Д. Карпов, Ұлы Отан соғысының ардагері Т. Қанапиянов, Алматы облыстық мәслихатының депутаты, «Жартас» ЖШС директоры М. Мырзағалиев, Панфилов ауданның мәслихатының депутаты, «Кентау-Арасан» санаторийінің бас дәрігері К. Ахметқалиев, Алматы облыстық мәслихатының депутаты, «Хильличенко и К» немекелдіктік серіктестігінің төрағасы В. Хильличенко, Алматы облыстық партия филиалы қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі А. Ұзақтаевтар мәртебелі мақтаған жеделхаттарын табыс етті.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТЕРЕҢ СЕЗІНУ ҚАЖЕТ

Елордада Қазақстан Республикасының Президенті, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен "Нұр Отан" ХДП Сайлау кеңесі бюросының кеңейтілген отырысы өтті. Онда партияның 10 жылдық даму кезеңінің қорытындылары мен алға қойған міндеттері талқыланды. Отырыста партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі.



Президентіміздің партиялық бастамаларын қолдаймыз деген сөзбен сөзін бастаған Ауған соғысының ардагері Бақытбек Смағұлов жырға қосқан соғыстың аяқталғанына 20 жыл толып отыр. Облыс әкімі Серік Үмбетов осы алыпат жылдардың өтпелі аман-есен оралған ардагерлерді қабылдап, сый-сияпат жасады. Бұл күнгі басқосуға 70 ардагер қатысты.

Аталмыш соғыска облыс аумағындағы елді мекендерден үш мыңнан аса адам аттанып, жүз жиырма адам жат жерде қайтыс болды. Қазіргі кезде бұл туралы алыпқашпа сөздер айтылғанымен осы ерлерлік жандар өздерінің ақтың адалдықпен орындады. Бұл бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде үлгі-өнеге болатыны сөзсіз.

Кездесу барысында **Серік Әбікенұлы** ауғандық ардагерлерді мерекелерімен құттықтай келіп, олардың ерлік істеріне жоғары баға берді. Ардагерлерді әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету мен денсаулығын нығайту бағытында атқарылып жатқан игілікті істерді атап кетті:

– Бақытжан Ертаевтың "Халық Қаһарманы" атағын алуы –Елбасының Ауған соғысының ардагерлеріне жасаған ең үлкен құрметі, – деп сөзін бастаған облыс басшысы. – Ауған соғысының ардагері Барис Керімбаевтың ұсынысымен 1996 жылы Жамбыл ауданында соғыс ардагерлеріне арнап алғашқы ескерткіштің орнатылғанын атап өтті. Міне, содан бері облысымыздың 11 ауданында ескерткіш бой көтерді. Өткен жылы Талдықорған қаласының орталық саябағында тағы бір ескерткіш орнатылды. Ал мұнан өзге ардагерлерге әлеуметтік жағынан көптеп көмек жасап келе жатқанымыз тағы бар. Мұның бәрі елдің құрметі деп білемін. Мұндай істер Елбасының салиқалы саясатының аясында әлі де жалғаса береді, – деді.

Осыдан кейін ардагерлерге Алматы облысының Құрмет грамотасы мен 20 жылдық төсбелгі табыс етілді.

Сөз кезегінде облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы **Ерлікбай Әлімқұлов** облыс әкімінің көмегімен "Жетісу болаттары" атты кітаптың бастына дайындалып жатқанын айта келіп, ардагерлердің облыс әкімі Серік Үмбетовке деген алғысын жеткізді. Бір мезгілде "Ауған соғысы ардагерлері" қауымдастығының "Қайырымдылық үшін сауап" төсбелгісі мен естелік бұйымын табыс етті.

Елбасы тұрғын үй құрылысын инвестициялық қолдауды күшейтуді тапсырды. Осының нәтижесінде биылғы жылы құрылысы бітпеген нысандардың 80 пайызы тұрғызылып болады.

"Нұр Отан" партиясы осы шараларды халыққа түсіндіруі қажет, деп жалғастырды сөзін Мемлекет басшысы. Экономикадағы дағдарысқа қарсы тұру үдерістерінде "Нұр Отан" партиясы өзінің рөлін жалпыұлттық күші арқылы дәлелдеуі тиіс. Осыған байланысты Президент партияның алдында тұрған міндеттерді атап көрсетті. Бірінші, әлемдік дағдарыс жайында елдің алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге белсенді қатысуы қажет. Елбасының тапсырмасы бойынша елдегі қаржы жүйесін және экономиканы тұрақтандыруға бағытталған мемлекеттік қаржыны пайдалану және болу үдерістерін бақылау жөніндегі партиялық комиссия құрылады. "Нұр Отан" партиясының филиалдары жергілікті жерлерде, мәслихаттардағы депутаттық фракциялар жергілікті бюджет қаржысының жұмсалуына бақылауды кемтансыз өтуері тиіс. Әлемдік дағдарыс жағдайында тиімді пайдаланған әрбір теңге іс жүзінде қайтарымын береді.

Екінші, "Нұр Отан" партиясы Халықтық тұғырнамаың жүзеге асуына ерекше назар аударуы қажет. Халықтық тұғырнаманы жүзеге асыра бастаған екі жылға толмайтын уақыт ішінде біз айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік, деді Елбасы осы жиында. Халықтың табыс деңгейі 2008 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда орташа айлық 10,5 пайызға артты. Жақын үш жылда "100 аурухана" жобасын аяқтауға 227 миллиард теңге бөлу қарастырылып отыр. Қысқа мерзім ішінде 130 мектеп, мектепке дейінгі мекемелер мен денсаулық сақтау нысандары пайдалануға беріледі. Елімізде ақылы негізде оқитын студенттерді қолдау мақсатында Үкіметке үшінші курстан бастап оқу үлгіктері үшін қосымша мемлекеттік білім гранттарын бөлуді тапсырдым. Ол мынаған жетім студент осындай мемлекеттік қолдауды пайдалана алады.

Үшінші, партия қызметінің негізгі бағыттарының бірі қазақстандық қоғам бірлігін қамтамасыз ету. Елбасының атап өткеніндей, әлемдік экономикалық қаржы дағдарысы кезеңінде әлеуметтік қиындықтар мен түрлі кикілжіңдер арта түседі. Бұған жол беруге болмайды. Экономикалық қиындықтарға шыдай білу керек. Бұл тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдарына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Елбасы сөзінің қорытындысында партия алдында тұрған осы міндеттерді орындауға шақырды.

Отырыста бірқатар партия белсенділері де сөз алып, "Нұр Отан" партиясының өткен кезеңдердегі және бүгінгі жұмыстарына қатысты пікірлерін ортаға салды. Партияға алғашқылардың бірі болып басынан жасаған Сергей Терешонның айтуынша, "Нұр Отан" партиясы Азияны экономикалық дағдарыс шеңберінан тұрта құрылды. Партия Президент, Парламент сайлауларында ұйымшылдықпен жұмыс істеді. Ал партияның 1 съезінде Елбасы партияға төрағалық етуге келісімін берді. Қазіргі кезде партия жемқорлыққа қарсы күресті өрістетуді қолға алып отыр. Амангелді Ермегиев "Нұр Отанның" кәсіпқой партия болу алғашқы Мемлекет басшысының салиқалы саясатының арқасы екендігін атай келіп, елімізде құрылыс саласын дамытуға байланысты ойын ортаға салды. Оны қолға түсіріп те жойған оңай. Сонау Елбасына табыс етті.

"Қазақмыс" корпорациясының басшысы Эдуард Огай корпорацияның дағдарысқа қарсы жүргізіп жатқан іс-шараларымен бөлісті. Оның мәлім етуінше, корпорация жұмысшылары қысқартылмайды, еңбекақылары балтырғы қалпында. Өткен жылы ұжым басшылары жұмысшы кадрлардың біліктілігін көтеруге 15 миллион доллар жұмсаған. Отырыста, сондай-ақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Бақытжан Жұмағұлов, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев, Парламент Сенатының депутаты Қуаныш Сұлтанов, тағы басқалар мінберге көтеріліп, партияның халыққа жасап жатқан игі іс-шараларын атады.

● ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЖЫЛЫ ПЕЙІЛ, ІЗГІ ТІЛЕК

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Жырым бар, ауғандық жауынгерлер,
Жырым бар, жаралыған жанымда емдер.
Өлгендердің жанында болсын жаны,
Тірілерің мың жасап, әулиелердер. – деп жазып, Ауған соғысының ардагері Бақытбек Смағұлов жырға қосқан соғыстың аяқталғанына 20 жыл толып отыр. Облыс әкімі Серік Үмбетов осы алыпат жылдардың өтпелі аман-есен оралған ардагерлерді қабылдап, сый-сияпат жасады. Бұл күнгі басқосуға 70 ардагер қатысты.

Аталмыш соғыска облыс аумағындағы елді мекендерден үш мыңнан аса адам аттанып, жүз жиырма адам жат жерде қайтыс болды. Қазіргі кезде бұл туралы алыпқашпа сөздер айтылғанымен осы ерлерлік жандар өздерінің ақтың адалдықпен орындады. Бұл бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде үлгі-өнеге болатыны сөзсіз.



Кездесу барысында **Серік Әбікенұлы** ауғандық ардагерлерді мерекелерімен құттықтай келіп, олардың ерлік істеріне жоғары баға берді. Ардагерлерді әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету мен денсаулығын нығайту бағытында атқарылып жатқан игілікті істерді атап кетті:

– Бақытжан Ертаевтың "Халық Қаһарманы" атағын алуы –Елбасының Ауған соғысының ардагерлеріне жасаған ең үлкен құрметі, – деп сөзін бастаған облыс басшысы. – Ауған соғысының ардагері Барис Керімбаевтың ұсынысымен 1996 жылы Жамбыл ауданында соғыс ардагерлеріне арнап алғашқы ескерткіштің орнатылғанын атап өтті. Міне, содан бері облысымыздың 11 ауданында ескерткіш бой көтерді. Өткен жылы Талдықорған қаласының орталық саябағында тағы бір ескерткіш орнатылды. Ал мұнан өзге ардагерлерге әлеуметтік жағынан көптеп көмек жасап келе жатқанымыз тағы бар. Мұның бәрі елдің құрметі деп білемін. Мұндай істер Елбасының салиқалы саясатының аясында әлі де жалғаса береді, – деді.

Осыдан кейін ардагерлерге Алматы облысының Құрмет грамотасы мен 20 жылдық төсбелгі табыс етілді.

Сөз кезегінде облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы **Ерлікбай Әлімқұлов** облыс әкімінің көмегімен "Жетісу болаттары" атты кітаптың бастына дайындалып жатқанын айта келіп, ардагерлердің облыс әкімі Серік Үмбетовке деген алғысын жеткізді. Бір мезгілде "Ауған соғысы ардагерлері" қауымдастығының "Қайырымдылық үшін сауап" төсбелгісі мен естелік бұйымын табыс етті.

Облыс әкімінің орынбасары Болат ТӨКЕНОВ аудан, қала әкімдері орынбасарлары, кәсіпорын басшылары, жәрмеңке жәрмеңке бекеттері жетекшілері, дәріхана меңгерушілерінің шақырған басқосу өткізді. Мәселе бірқ. Карқынын деваль-вациялануына байланысты бағалардың орынсыз көтерілуіне жол бермеу.

БАҒА БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

Бұл орайда кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары М. Өсербаев өнеркәсіп орындарының тәуліктік бұрынғыша үстіп отырғандарын айтып, бағаның қалыпты жағдайда екенін хабарлады. Одан кейін облыстық бәсекелестікті қорғау агенттігі өңіраралық инспекциясының бастығы М. Сәтқалиев мінбеге көтеріліп, сауда құрылымдарының жұмысын қалағалау барысында атқарып жатқан шаралары барысын мәлімдеді. Облыстық аумақаралық басқармасы бастығының орынбасары Б. Нұрғожаев азық-түлік бағасын тұрақты ұстау үшін жер-жерлерде аумақаралық жәрмеңкелерінің ұйымдастырыла беретінін, әлпеті сүт, ет бағасының қалыпты жағдайда екенін айтты.

Жанар-жағармай бағасы да халықты алаңдатып отырғаны рас. Көктем шыға дизельді отын бағасы аспандап шыға келетін адет бар. Бұл орайда жиын барысында «НарОйл», «Гелиос», «Мұнайпек», «Ли» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері басшыларына да бағаны себепсіз өсірмеу керектігі тапсырылды.

Дәрі мәселесі де өзекті шараға айналған. Оның себебі дәрідәрмектің 92 пайызының сыртан әкелінетіндігінде. Талдықорғанда барлығы 85 дәріхана бар болса, жауапты адамдарға бір тәулік ішінде сонын бәрін аралап, бағаны бағамдау тапсырылды.

Жиын төрағасы Б. Төкенов Талдықорған өңірі өнімді сыртқа көп алмайтындығын, аграрлы аймақ санаалатындықтан азық-түліктің өзімізде өндіріліп, өңделетін жеріне айта келіп, бағаны осында ең негізгі жоспарын айтты. Тіпті өсірген жағдайда себебін анықтап, кәсіпкерді тығырықтан шығаратын жол қарастырылатынды да сөз болды. Бұл мәселелерді қалағалау аумақаралық шаруашылығы маркетинг бөлімінің қызметкерлеріне тапсырылды.

Баға себепсіз өспеуі керек. Оны қалағалап тұру үшін күн сайын рейд жүргізілетін болады.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

АПТА ТЫНЫСЫ

11 қаңтарда І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында облыс әкімі Серік Өбікенұлы Үмбетовтің халық алдындағы және депутаттар алдындағы есеп беру жиыны өтті. Жиынға ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Хаджи Әбдірайымов, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары қатысты.

Облыс басшысы өз баяндамасында дағдарысқа қарсы қабылданған облыстық бағдарламаның жүзеге асырылуына айрықша тоқталып, жұмысшылардың жалақыларын сақтау және қысқартуды болдырмау, азық-түліктің негізгі түрлерінің бағасын тұрақтандыру мен өндіріс өнімі көлемін азайтпаудың маңыздылығын атап өтті.

2008 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджет түсімі 124,4 млрд. теңгені құрады, бұл жоспарланған меженің 101,2 пайызы. Оның ішінде жергілікті бюджетке 40,3 млрд. теңге түсіп, жоспардың орындалуы 102 пайызды құрады.

* * *

10 қаңтарда әкімнің кезекті орынбасары Тыныбай Досымбекұлы төрағалығымен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі облыстың аумақтық инспекциясының алқа мәжілісі өткізілді. Басқосуда Алматы облысының ішкі нарығын жаңай және «Ветеринария туралы» Заңының жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Облыстың бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторы С. Қожахметов 2008 жылы атқарылған жұмыстарды саралай келе, ветеринарлық-санитарлық қолайлы жағдай қалыптастыру, мал өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрғындарды тұрақ сырқаттан сақтандыру сияқты бірқатар мәселелер жөнінде баяндады.

Алқа мәжілісін қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Тыныбай Досымбеков мал шаруашылығы дамуындағы ветеринарлық қызметтің маңызына тоқтала отырып, мал ауруының алдын алу, уақытында тексерудің өткізу, емдеу, жұру малды жою, мемлекеттік ветеринарлық қадағалау нысандары жұмысының заң талаптарына сәйкес болуына назар аударуды тапсырды.

* * *

12 қаңтарда облыс әкімі С. Үмбетов Ауғанстан жеріне Күнес жеңгерлерінің шығарылғанына 20 жыл толуына орай Ауған соғысына қатысқан 70 кәсіпкерлік жауынгерді қабылдап, олармен ерлікке толы жастық шағы туралы әңгімелесті.

Соңғы жылдары Ауған соғысы ардагерлеріне және соғыста қаза тапқан екі жолдастың анасына 15 пәтер, сонымен қатар ондаған 30-мына тұрғын үй құрылысы үшін жер телімдері бөлініп берілді. Жан сайын емдеу-сауықтыру орындарына тегін жолдамалар және республикалық медициналық орталықтарда тегін емделуге квота бөлініп отыр.

Кездесуге қатысушылар өткен жылы Талдықорған қаласында Ауған соғысынан қаза болған балалардың ардагерлерінің көркемсуретті мәнерлеп көрмесінің ашылуына қатысты.

* * *

Дүйсенбі күні «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының төрағасы Серік Әбікенұлы Үмбетовтің жетекшілігімен Сәтпаев қаласы бойынша кеңейтілген отырысы өткізілді.

Онда облыстық партия филиалы Сайлау комиссиясының мүшелері, бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері, аудандық және қалалық мәслихат хатшылары, аудандық және қалалық партия филиалдарының төрағалары және бірінші орынбасарлары қатысты.

Жиында өткенмен партия облыстық филиалының 2008 жылы атқарған жұмысы сараланып, алға қойған мақсат-міндеттері белгіленді.

* * *

Алматы облысы әкімдігінің Экономикалық және қаржы жүйесін тұрақтандыру бойынша 2009-2010 жылдарға арналған жоспарын жүзеге асыру шеңберінде 12 ақпан күні облыс әкімінің орынбасары Болат Төкенов мемлекеттік органдардың азық-түліктің негізгі түрлері мен жанар-жағармай бағасын қымбаттатуға жол бермеу жұмысын ұйымдастыру мәселесі бойынша мәжіліс өткізді.

Облыста арнайы құрылған топ баға бөлінуша күмәнсіз сарапқа жүргізіп отыр. Сарапқа жұмысының нәтижесінде қалыптасқан жағдайды пайдаланып, бағаны негізсіз көтерген тауар жеткізушілерге нақты шара қолданылатын болады.

Осы мақсатта ҚР Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовтің тапсырмасына сәйкес прокуратура, қаржы полициясы, бәсекелестікті қорғау бойынша аймақаралық инспекция органдарына заң бұзушылықтың алдын алу шараларын қолға алу тапсырылды. Ал жергілікті билік органдарына өз кезегінде тауар жеткізушілер арасында түсінік жұмыстарын жүргізуі қажеттігі баса айтылды.

ОБЛЫС ӘКІМШІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

● ТАҒЗЫМ

ЕРЛІКТІҢ ЖЫРЫ ӨШПЕЙДІ

Тарих бетінен оның орын алған Ауған соғысына қатысқан 22 мың қазақстандық арасында Талдықорған қаласының азаматтары да болды. Бүгінгі күні қаламыздағы еліне есен-аман оралған ұш жүздей аса ардагеріміз жас буынға патриоттық тәрбие беру жұмысында белсене атсалысып келеді.



Кеңес әскерлерінің ауған жерінен шығарылғанына 20 жыл толуына орай, қаламыздағы Ауған соғысының ардагерлері орталық саябаққа жиналып, соғыста қаза болған қаруластарын еске алды. Алдымен Ұлы Отан және Ауғанстан соғысының жауынгерлері әскерткішке тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Содан кейін алқалы топ облыс әкімінің көркемсурет галереясында болып, облыстық Ауған соғысы ардагерлер ұйымы ұйымдастырған "Ауған оты" атты балалар сурет көрмесін тамашалады.

Байқауға 131 жас қылқалам шеберінің туындысы қатысып, оның 55-і марапатқа ие болды. Бүгінгі көрмеге сол туындылар қойылыпты. Облыстық Ауған соғысы ардагерлер ұйымының төрағасы Ерлікбай Әлімқұлов:

– Бұлар соғыс өртін көрген жандарға аса таңсық бола қоймас, алайда, балаң жүректерге "Отан үшін отқа түс, күймейсің!" деген ұғымды ұялата алғанымыз біз үшін үлкен жеңіс, – деп жоғары баға берді.

Бала көзімен бейнеленген "Ауған отын" көріп, галереядан шыққан ардагерлерге І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында қала әкімі **Сәкен Жылқайдаров** қабылдады.

– Бүлар соғыс өртін көрген жандарға аса таңсық бола қоймас, алайда, балаң жүректерге "Отан үшін отқа түс, күймейсің!" деген ұғымды ұялата алғанымыз біз үшін үлкен жеңіс, – деп жоғары баға берді.

Салтанатты жиналысқа қатысқан адам шоғырлықтан кеп болды. Құттықтау сөз сөйлеген қала әкімі Ауғанстан жерінде болған ардагерлердің берген антына адалдық танытып, алдағы міндеттерді орындауға шақырды.

Отырыста бірқатар партия белсенділері де сөз алып, "Нұр Отан" партиясының өткен кезеңдердегі және бүгінгі жұмыстарына қатысты пікірлерін ортаға салды. Партияға алғашқылардың бірі болып басынан жасаған Сергей Терешонның айтуынша, "Нұр Отан" партиясы Азияны экономикалық дағдарыс шеңберінан тұрта құрылды. Партия Президент, Парламент сайлауларында ұйымшылдықпен жұмыс істеді. Ал партияның 1 съезінде Елбасы партияға төрағалық етуге келісімін берді. Қазіргі кезде партия жемқорлыққа қарсы күресті өрістетуді қолға алып отыр. Амангелді Ермегиев "Нұр Отанның" кәсіпқой партия болу алғашқылардың Мемлекет басшысының салиқалы саясатының арқасы екендігін атай келіп, елімізде құрылыс саласын дамытуға байланысты ойын ортаға салды. Оны қолға түсіріп те жойған оңай. Сонау Елбасына табыс етті.

"Қазақмыс" корпорациясының басшысы Эдуард Огай корпорацияның дағдарысқа қарсы жүргізіп жатқан іс-шараларымен бөлісті. Оның мәлім етуінше, корпорация жұмысшылары қысқартылмайды, еңбекақылары балтырғы қалпында. Өткен жылы ұжым басшылары жұмысшы кадрлардың біліктілігін көтеруге 15 миллион доллар жұмсаған. Отырыста, сондай-ақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Бақытжан Жұмағұлов, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев, Парламент Сенатының депутаты Қуаныш Сұлтанов, тағы басқалар мінберге көтеріліп, партияның халыққа жасап жатқан игі іс-шараларын атады.

• ЖАСТАР ФОРУМЫ

ЖАС ЖҮРЕК ЖАЛЫНЫ

Ізімді ЖҮНІС,
"Жетісу"

Форумның негізгі мақсаты – жастарды отансүйгіштікке, ел мен жерді сүюге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу, ұрпақ сабақтастығын жалғастыру мақсатымен Қазақстанда өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың тұрақтылық, бірлік-бауырласын сақтауға үлес қосу әрі бүгінгі таңда қолданылып жүрген озық тәжірибелерді кеңінен насихаттау деген болып, бұл форум өзінің дәстүрлі жеріне жеткендігін алдын ала айтуға тиіспіз.

Аудандық әкімдікте жан-жақтан келген қонақтарды құрметпен қарсы алған аудан әкімінің бірінші орынбасары, ХДП-ның аудандық филиалының төрағасы Е.Тұрымбетов бүгінгі өткізілген отырған жастар форумының өзіндік ерекшеліктері, күн бойы аудан аумағында өткізілуге тиісті шаралардың мәні мен мағынасын жеткізе айтып берді.

Форумға қатысушылар алдымен аудан орталығы Өтеген батыр көшесіндегі үш үлкен өкілдеріне арналып тұрғызылған ескерткіштің алдына барып, гүл шоқтарын қойды. Бұдан кейін форум кеші Қарой елді мекенін бетке алды.

Осындағы Мәдениет үйінде үкіметтік емес ұйымдық «Болашақ» жастар мен жоспарлар бірлестігінің көрнекті 11 ауа клубы мүшелерінің көрнекті орын алыпты. Келген қонақтарды осы бірлестік жетекшісі Р.Абилова бұл кәрменің өзіндік ерекшеліктері жайында айтып берді.

Мәдениет үйінің үлкен залы алмай безендірілген. Бұл жерде алыстан ат арытып келген қонақтарға Чанай ауылындағы «Балауса» ауа клубының мүшелері Б. Майлиннің «Неке қияр» спектаклін ұсынды.

Ал аудандар 2000 жылдан бері футбол федерациясы жұмыс істеп келеді. Осының кезекшілде әр ауылдан жастар мен жоспарлар, ересек футбол командалары бар. Жыл сайын наурыз салтанатты жағдайда ашылып, жабылады. Жарыста ең шапқандарға ересек күрт керектіледі. Өткен наурызында Көксенгір ауылындағы «Ауыл» жоспарлар командасы республика чемпионы атанған болатын. Оларға осы жолы, дәл осы жерде күрмет керектіліп, командаға мүшелерге арайлының мейлінше чемпиондық медаль-салтанатты жағдайда Е.Тұрымбетовтің қолымен тағылды. Бұл жерлегі салтанатты жастар арасындағы республикалық байқаудың жеңімпазы Г.Сембиков «Тұлайлы жүрек» әнімен қорытындылады.

Чанай ауылындағы Мәдениет үйінің фойесінен аудандағы мәдени орталықтардың көрмесі орын алыпты. «Менің үйім – Қазақстан» деген атпен

Өткен аптаның сенбісі облыстық ішкі саясат басқармасы мен Ер ұлдының экономикасы және «Нұр Отан» ХДП-сы аудандық филиалының ұйымдастырумен «Ынтымақ» ауылдық округінің «Ынтымақ» атты өткен жастар форумы болып өтті. Оның жұмысына облыстық ішкі саясат басқармасының, ұлттық мәдениет орталықтарының басшылары, ардагерлер, жастар ұйымдарының өкілдері қатысты. Ұлттық мәдени орталықтарды жетекшілері, білім саласының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

отау көтерген көрмедегі түрік пен әзербайжанның, ұйғыр мен дүнгеннің, орыс пен украиндардың тағылған жағасын келе жатқан әнсекей бұйымдары, дастарқан мәзірлері көзіңді жауын алады. Мұнда қонақтарды «Елбасының Жолдауына бүгін қолдауымыз» деген атпен Өтеген батыр кентіндегі «Прогресс» колледжі оқушыларының өнерлері жүтіп тұрған болатын.

Түстен кейін жастар форумы «Менің арманымдағы мектеп» деген атпен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында осы тақуда таяқ сілкініп, пайдалануға берілген Бораздай кентіндегі қазақ гимназиясында одан әрі жалғасын тапты. Қонақтарды аудан «Прогресс» колледжінен жабысталып, «Жасыл ел» бағдарламасына тұрақты түрде қатысып келе жатқан бірігала мүшелері күтіп алды. Олардың рапорты қабылданған соң, қонақтар мектеп ауласына ағаш отырғызды. Сонан соң, асыпай жүріп мектептің ішін аралап шығуға толық мүмкіндік алды. Ал кіреберісте білім ошақтарындағы «Болашақ» жастар бірлестігінің мүшелері күтіп тұрған екі. Олардың алдына шыққан аудандық оқу бөлімінің басшысы Б.Жолтаева «Болашақ» жастар бірлестігінің өзіндік ерекшеліктері жөнінде айтып берді. Өз кезегінде аудандағы білім ошақтарының жабдықталған болашақтықтар қонақтарды әрқайсысын өздерінде мүшелігіне қабылдап, мойындарына жасыл галстук байлады.

Осыдан кейін қонақтар мектеп ішіндегі басейнді, кітапхана, спорт залын, бірқатар кабинеттерді көріп, тәп-тәмашы болысты.

Әне-мине дегенше бүгінгі жастар форумына арналған салтанатты жиын да басталып кетті. Форумға қатысушыларды аудан әкімі Н.Логутов құттықтады. Бұдан кейін облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Г.Сүлейменова баяндама жасады.

Армысыздар, құрметті қауым, жалынды жастар, – деді Гүлжан Магданқызы, – бүгінгі бізбен бас қосуымыз Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Дағдарыстан – жаңару мен дамуға» атты халыққа Жолдауын облыс тұрғындарының аса зор қолдау көрсетуін тарихи кезеңмен түсіне-түк кезіп отыр. Бақылау Жолдау тек елімізге ғана емес, бүкіл әлем үшін аса жауапты шақта өмірге келді. Ол сонымен де құнды.

Бұдан әрі басқарма басшысы облыста жастардың мәртебесін көтеріп, оларға жан-жақты қомек көрсетіп, толыққанды білім беруге, өз мүмкіндіктерін толық пайдалануға барынша жағдайлар жасалып жатқандығын айрықша атап көрсетті. Жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында облыс әкімі С.Үмбетов өткен жылы 46 млн 517 мың теңге бөлсе, биыл оның мөлшері 48 млн. теңгеден асып отыр. Ал әлеуметтік маңызы бар жобаларға 10 млн. теңге қаржы бөлінетіндігін сөзінен облыста «Жетісу жастары» жастар орталығы ашылып, оқушылар мен студенттерге қотамдық көліктерде тегін жүру мүмкіндігі берілді. Ал ауылдардың шалғайлығына зәру балалар үшін жеткізетін үйі пайдалануға берілсе, 200 студент облыс басшысының гранты бойынша білім алуда. Дүбірлі жарыстарда үлгі шыққан 45 спортшыға ай сайын шәкіртақы төленеді. Ал 15 спортшыға баспана берілді.

Сөзінің соңында Г.Сүлейменова бүгінгі басқосу ауданның саяси өмірінде елеулі оқиға екендігін айта келіп, Елбасы Жолдауына аудан жастары шынайы қолдау білдіріп жатқандығын, алда да олардың бұнік белестерді бағындыратындығына сенім білдірді.

Жарысқа шыққан «Прогресс» политехникалық колледжінің директоры Ж.Телекебаева, Өтеген батыр кентіндегі М.Макатаев атындағы орта мектептің оқат оқушысы Г.Мұқанбаева, «Нұр Отан» ХДП-сы «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшесі, жас ұстаз, республикалық газеттер байқауының жүлдегері Е.Тоқышков, Астана қаласында өткен жастар форумының делегаты В.Сошенко өздерінің қызығалары тілектерін жеткізді.

Салтанат үстінде жастар ішіне белсене араласып жүрген бір топ қызметтерге облыстық ішкі саясат басқармасының Құрмет грамоталары тапсырылды. Олардың атына айтылар да арналды. Сонымен қатар форумға қатысушыларға Үлгілі ұйымдастыру кәсіпорындары кабылданды.

Салтанат соңы «Біз өңірдің мақтаныш жастары едік» деген атпен белгілі сазгер В.Питерцевтің басқаруындағы «Іле сазы» ансамблінің мерекелік концертіне ұласты.

ІЛЕ АУДАНЫ.

• «НҰР ОТАНҒА» – 10 ЖЫЛ

МЕРЕЙТОЙ САЛТАНАТЫ

Мырзағали ПҰРСЕЙІТ,
"Жетісу"

Бүгінде халықтың қалауымен айналған «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының құрылып, жұмыс жасағанына 10 жыл толыпты. Өткен жұмада осы партияның Панфилов ауданы бойынша филиалы айтулы мерекені үлкен салтанатты жағдайда атап өтті.

«Нұр Отан» ХДП 10 жылдық мерекесіне жиналған жарлықтың және алдыңғы қатарлы Мәдениет сарайының алдындағы 1936 жылы салынған көтерілісінің құрбандары Жетпісбай көтерілісінің Ерболат Сыпатаев пен Дәулет Абдербол Сыпатаев ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып, одан соң Мәдениет үйі ғимаратында ашық түрде өткізілген «Жас отанбасы» атты мерекелік концертін көрермен қабылдады.

Салтанатты жиында «Нұр Отан» ХДП Панфилов ауданының филиалы төрағасының орынбасары Төлеубергей Османов партияның Жарлығы жөніндегі 10 жылдық атқарған жұмысы жайлы баяндама жасады. Салтанатты жиын ерекше бағдарламамен жүргізілді. Ән құттықтауына сәйкес кейін «Жарлығы әлеріз», «Айгөлек» әндер халықтық ансамбльдері мен басқа да өнерпаздарға кезек беріліп, ән, күймен өрілді.

Жиында аудан әкімі Ермек Кенжесейіт құттықтау сөз сөйледі. Ал, осы салтанатты жиынға Талдықорғаннан арнайы келген «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейітов Жарлығы партияның мәлімдеген «Ай-байлық әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу» халықтық ынтымақтастығын орнықтыруға тұрақты үлкен қолдауын көрсетіп, құттықтау сөзінде Панфилов ауданының Нұр Отан» ХДП жетекшілігіне, ауданның ақсақалдарына, ардагерлеріне, жастарына ризашылығын білдіріп, ауданның ертеңгі күні жарқын болатындығына сенім білдірді.

Жарысөзге шыққан «Прогресс» политехникалық колледжінің директоры Ж.Телекебаева, Өтеген батыр кентіндегі М.Макатаев атындағы орта мектептің оқат оқушысы Г.Мұқанбаева, «Нұр Отан» ХДП-сы «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшесі, жас ұстаз, республикалық газеттер байқауының жүлдегері Е.Тоқышков, Астана қаласында өткен жастар форумының делегаты В.Сошенко өздерінің қызығалары тілектерін жеткізді.

Салтанат үстінде жастар ішіне белсене араласып жүрген бір топ қызметтерге облыстық ішкі саясат басқармасының Құрмет грамоталары тапсырылды. Олардың атына айтылар да арналды. Сонымен қатар форумға қатысушыларға Үлгілі ұйымдастыру кәсіпорындары кабылданды.

Салтанат соңы «Біз өңірдің мақтаныш жастары едік» деген атпен белгілі сазгер В.Питерцевтің басқаруындағы «Іле сазы» ансамблінің мерекелік концертіне ұласты.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

Қазақ математика ғылымының бірегей тұлғаларының қатарындағы жарқын болмысты, зерделі ұлдарының бірі болған атақты математик, академик, ғалым Шалтай Смағұловтың дүниеден қайтқанына да 6 жыл уақыт өтіпті.

Халқымыздың мақтанышына бітken асыл ұлдарының бірі Шалтай Смағұлов өзінің ғылымға арналған санаулы ғұмырында физика-математика ғылымында жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде көптеген жаңалықтарымен әлемнің үлкен ғалымдарының назарын аударды. Ол дифференциалды теңдеулер теориясы, гидродинамика және қолданбалы математика салаларында аса жоғары білікті маман еді. Ш.Смағұлов және оның шәкірттері аталған салада жоғары нәтижелер берген жаңалықтар ашты. Бұл жаңалықтар кәдір де тек әлемдік ғана емес, таяу және алыс шет елдердің ғалымдарына да мәлім.



АКАДЕМИК-АСУЫ

Шалтай әлем математиктерінің назарын аударған Навье-Стокс теңдеуін шешудің жаңа тәсілдерін ұсыну арқылы өзінің бұл салада теңдессіз ғалым-математик екендігін дәлелдеп шықты. Бұл теңдеуді шешудегі Шалтай ашқан жолды бүгінгі таңда әлем ғалымдары серіктері болған Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі Б.Жұмағұлов, Қазақ Ұлттық университеті жанындағы механика-математика институтының директоры, профессор Н.Дайыров және өзінің шәкірттері жалғастыруда.

Мемлекетіміздің қарқынды дамуында отын-энергетикалық кор кешендерінің өткірде маңыздың зорлығына алғашқылардың бірі болып назар аударған да Ш.Смағұлов еді. Оның жетекшілік етуімен ғалымдар мен шәкірттері зерттеу жұмыстарының нәтижесінде мұнай-газ өндірісінде тұмандағы күлпеді мәселелерді тез әрі экономикалық тұрғыдан тиімді, оңай шешудің кешенді бағдарламасын ұсынды. Аталмыш бағдарлама бойынша бөлінді мұнайлы және көлденең ұңғымаларды игеру туралы мәліметтер корын жинақтау, математикалық модельдер, гидродинамық зерттеулерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін жобалау, құрылған үлгілерді нақты мәліметтерге бейімдеу секілді жұмыс бағыттарын жүйелі түрде құра білді. Ғалымның табанды және ғылыми түрде негізделі жасаған еңбегі мен алған жаңалықтарының арқасында бұл әлі елімізің мұнай-газ өндірісінде, атап айтқанда Құмкөл-Лукойл, Торғай-Петролеум, Қаражанбас сынды кен өндіру орындарында кен түрде қолданылуда.

Бұл салада басталған іргелі және болашағы зор ғылыми зерттеулерді ҚазМҰУ-дің механика-математикалық зерттеу институтымен жасалған келісімшарттар негізінде ғалымның шәкірттері әрі қарай жемісті түрде жалғастырады.

Ш.Смағұлов ғалым ретінде кең көлемді және үлкен уақыттан оза ойлайтын. Оның дәлелі ретінде Қазақстанда білім беру саласын жаңартандыру қарқынды дами бастағанда алғашқылардың бірі болып бұл салаға назар аударған. Республика Президентінің қолдауымен «Орта білім беру жүйесін ақпараттандыру» бағдарламасына сәйкес ғалымдар тобын ұйымдастырып, «Орта мектеп пәндері бойынша оқытуды ақпараттандыру технологиясы» бағдарламасына ғылыми жетекшілік жасаумен қатар қазақ тілі, биология, физика, математика, Қазақстан тарихы пәндерін оқытудың мультимедиалық бағдарлама және білім сапасын бақылаудың да бағдарламалық кешенін білім беру ісінде жүзеге асырды. Бұл бағытта қазір механика-математика ғылымы-зерттеу институтында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мақұлдаған 79 электронды оқулық жасалды.

Өмірінің жарқын шақтарын, бойындағы күш-қуатының барлығын да отандық математика ғылымының өркендеуіне жұмсап, айтбай сиқыр еткен Ш.Смағұловтың ғылымдағы зор, қажырлы сіңбегінің нәтижесінде дүниежүзілік математика ғалымдарын қауымдастығына мәлім болғаны, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ғылым, техника, білім беру саласында Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының академигі дәрежесіне жетуіне табысты еңбегі тірек болғаны айқын.

Мемлекеттік маңызы зор экономика, білім беру ісінің, спортының, тағы да басқа әлеуметтік мәні күрделі салаларының шарықтап дами бастуы үшін де оның бар мүмкіндігін анықтап, кемшін кеметерін жөл табатын, тұмасының талантты азаматтарын қолдауға ынталандыратын ғылыми-зерттеу институттарының ашылуы, ондағы ғылыми ізденістерге мейірімді, жанашыр дос әрі ынталы тұлғалардың ерен еңбегінің арқасында қазақ дамитындығы дәлелдеуді қажет етпейтін анық.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы наурызындағы Алматы облыстық мектеп-интернатының мерейін, академик Ш.Смағұловтың есімі берілді.

Осы ұлы тұлғаның бастаған мектеп-интернаттың жетекшілігі мұғалімдерімен бірнеше отырыс, мектеп-интернатта оқушылардың білім беруді дамытуға арналған 2005-2010 жылдарды қамтитын « Ш. Смағұлов бағдарламасын » қабылдады. Бұл бағдарлама бойынша белгіленген уақыт аралығында жүзеге асырылуға тиісті бірқатар шаралар белгіленді.

Мектеп-интернат мұғалімдері мен тәрбиешілері өзара бірнеше отырыс, жоспарлы шараларды жүзеге асырумен қатар мемлекеттік стандарт бойынша білім берудің тиісті деңгейлері, әрбір пәннің оқытылуы, тәрбиенің түрлі салаларын бойынша жыл сонында нені жетілдіруге тиісті мәселелері нақты белгілейді. Бағдарламаны жүзеге асырута байланысты өткерілген отырыстің жұмыстар педагогикалық кеңестерде, директор жанындағы мәжілістерде қаралып отырады. Аталған « Ш.Смағұлов бағдарламасында» белгіленген шаралар тұрақты түрде орындалып келе жатқандықтан оқушыларымыз білім сапасы да, мектеп бітіруші түлектердің жоғары оқу орындарына түсуі де жыл сайын артып келеді.

Мысалы, 2005-2006 жылы мектеп бітірген 49 оқушының 25-і мемлекеттік грантқа не болса, 2006-2007 оқу жылында бітірген 42 оқушының 30-ы, 2007-2008 оқу жылында мектеп бітірген 56 оқушының 35-і оқушының мемлекеттік грантқа ие болуын қамтуға болады.

Сондай-ақ, мектеп-интернат оқушыларының жыл сайын өткізіп «Облыстық олимпиадаға кемінде 12-13 оқушы қатысса, солардың 5-6 мәлметті түрде жеңімпаздар қатарынан болып келеді. Республикалық олимпиадаға қатысқан жеңімпаз атанған А. Байғазина, А. Орынбаева, Е. Бердалиева секілді оқушыларымыз бүгінде студенттер қатарында жүр.

Өткен 2007-2008 оқу жылынан М. Болтабекқызы, С. Шабденов секілді оқушыларымыз «Алтын белгі » ерекше аттестатына не болып, мұғалімдер мен ата-аналарды бір қуантып тастады.

Жыл сайын танысқаратын Ұлттық бірыңғай тестте де оқушыларымыз жоғары білім сапасын көрсетіп келеді. Олардың да осындай нәтижелерге қол жеткізулерінің негізгі қайтар көп деп мұғалімдердің ерен еңбегін айтуға болады. Жас ұрпаққа сапалы білім, сапалы тәрбие беруде уақытпен сапасыз еңбек етіп жүрген ұстаздар қатарында «М.Алтынсарин» белгісінің иегері, қазақ тілі пәнінің мұғалімі А.Шыныбаева, география пәнінің мұғалімі С.Әбдалимова, математика пәнінің мұғалімі А.Әбуова, ағылшын пәнінің мұғалімі Г.Омарова, қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері Б.Әділәхті, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Ж.Өтешовті атап өтуге болады.

Б.Әділәхтің шәкірті, жас ұлан Е.Совнасұлы өткен 2008 жылы наурыз айының 13-16-ы Қарағандыда өткен М.Мақатаев мүшәйрасында республикалық сынды II орын алса, 3 көрмелік сынды II орын алса, 3 көрмелік сынды II орын алса, 3 көрмелік

Құттықтаймыз!



Жақтыларын жаныла жүріп, үлкендердің үлгі алған, бірінше асқар тұлға ем, бірінше айдын-шалқар шалқи ағған, бірінше ақыл жар, бірінше ақсақал батырымыз Ғалиасқар КҮРМАНҒАЛИЕВТЫҢ ғұмыр 3 мамырда туған күні.

Жақсыны жақпаған сөйлеген шағын шер жібітер тек жайсаң ға жайдарман жас 70-ке толды. Ас қар тәулай қиыстырмаған қисық халықтың қарын ауасын жұтып, жүйкеңді Мәрияң сөгуін кел үстесең, үлкен тұлғаң жасқалар деген жүректен шыққан мына мақалымызды бағарсың.

Өмір бойы – бергенмен бергенсің аз емес
Бірі өзек, қамқор бірің алдың,
Үлкендікпен үлгілеген әдемі,
Ақ бойыңда жүректегі жарық ғалам,
Ойлесе кімге өзіңе бұл тең келмес
Бірақ, мінсіз, ақтар жылдай ағыстың,
Алайықты қадірлеуің қанағатың,
70 деген – ақтардың бір елесі.
Керің келмес ақылдарың әлі көп.
Тұлға күнің жасыңда жасқар жасқасың,
700 дегенге жүзің әлі тәбәсі, – деген ізгі тілектерімізді білдіреміз.

Құттығымыз құтты болсын!

МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: Құрманғалиевтер әулеті.

Сарқан ауданындағы Көктерек ауылының тұрғыны, шаруа қожалығының басшысы Өмірбек НҰРМҰХАМБЕТОВТЫ асқаралы 60 жасдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Өмірлік серігі Сәуле екеуі мағынала тұлғаларын өсіріп, төрт бала тәрбиелеп өстірді. Балаларының бәрі де сәнды ермекті. Өмір жасының ұзақ, қуанышының мол, бақытының баянды болуына тілектеспіз!



Ана-жұртына жомарт күндер бөлгелер,
Әулет ісіне бәйтерек, ел бірлік,
Отағасы жасқанып еңбек сүйіп,
Мәрия ақыл, бойкөңіл жеңгедей.
Көңілін аптаған жұрт ауғансың,
Еңбекке жоқ ұрлық бағынбың.
Қанында ата құрметі алдың шығар,
Ойдан сөзің бойкөңіл шұғанасың.
Ферттерің күн бүгін жарқасың,
Достарың бағыңмен сөнесің.
Алтыңды арнамақтай алға басың,
Көпшілік тарпа тілеп тарқасың!

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: ағайыны – **Сәкен, балалары** мен **немерелері.**



Сарқан қаласының тұрғыны, қалаулы құрбы, ағұлы досымыз Базархан ЖОЛДАСҚЫНЫҢ туған күнімен құттықтап, әлемдегі барлық жақсылықты тілейміз!

Туған күнің есің қашты тағы да...
Басыңа бас, бақ қосылды бағыңа.
«Кез алдыма әжем үйір болған ба?» –
Деп ерінген жазбанасың жарыққа.

Туған күнің есің қалып келгені,
Таңым самал желпіп өтті балмені.
Тағы арайлап нұрлы жүзің күлтіреп,
Жан дүниеңді шаттық сезім кернеді.

Құшағы бол құйылуда нұр-алаң.
Ұрпақ өрбіп, жаңа берсей шырағым
Туған күнің дұшпан күлке айналсын,
Басқа күнінің ерекше бол мына күн

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: Фариза, Сәйраш.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Ө. А. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы сіздерді мектепті сәтті бітірулеріңізбен құттықтайды! ҰБТ тапсырып жоғары көрсеткіштерге жетулеріңізге тілектеспіз!

Сіздерді жоғары білім алуға келесі мамандықтар бойынша шақырамыз:

Құқық және экономика негіздері.
Қазақ тілі және әдебиеті.
Құқықтану.
Есеп және аудит.
Қаржы.
Ақпараттық жүйелер.
Мемлекеттік және жергілікті басқару.

Шәкіртақы және жеңілдіктер қарастырылған.
Өзіне сенетін және карьера жасап, жетістікке жеткісі келетіндерге!
Құжаттар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

Мекенжайымыз:
Талдықорған қ. ұл.Тәуелсіздік, 77.
Тел: 21-23-45, 21-01-01,27-02-15.

ЕЛ ҚОРҒАҒАН – ЕР БАБАМ



Нұрбол ӘЛДІБАЕВ, "Жетісу"

БАТЫР ЖОЛЫ

Батырдың екі батыры бар. Дәлік, үш жүз жылға ғұмырлы ғажап сөзімнің шығуы негізінде әлипат ғұшіпсіз, ешілмейтіндей ізгіліктерге ұласқан ірі тұлға Шәтіраштың Нұрғұбай батырды айтпай бабамыздың ерлігі ғана болған шығар?! Батыр баба өскерлігінің тәуетін, ғұл шәтіраның ғашық болғанын ғана емес, ортақтық Мәдениет үйінде жазушы Бақытер Ібіжұлының «Шәтіраштың Нұрғұбай батыр» атты 26 баспа табақ кітабының тұсаукесерінде қыранайдай қалың оқырмандарына жол тартты. Сәтін тәрбиеткен ғалым-ғұламаларына ғана берілік, жазушы Нағашыбек Кешлібекұлы жинақты жүрегінің отырды. Жазушы Смағұл Елубай кітапқа сыпаттама берді.

Сөз басында Алматы облысы әкімінің орынбасары Тоғжанбай Досымбеков көне тарихты көтере батыр бабаларымыздың ерен ерліктерін жазып, ұрпағымызды патриоттыққа, отаншылдыққа баулитынымызды баса айтып, осынау тұмырғымның өлдің бірлігінде, жердің тұтастығында алатын орнының үлкен екендігі, ұрпақ рухын көтеруде зор рөл атқаратыны жайлы келелі ойғын өрбітті.

Қазақстанның халық жазушысы, ақын Тұманбай Молдағалиев арнау өлеңін оқып, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұлықбек Қалмұқан сөз сөйлеген соң, Қарасай ауданының әкімі Ансар Мұсағанов кітап авторына шапан жауып, Қарасай ауданының Құрметті азаматы куәлігін тапсырып, ойғырауға тәбәрікін тақты. Шәтіраштың Нағұрғұбай батыр ұрпағы атынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мәрия Жүйріктаева құттықтау сөз сөйлеп, кітап авторының «Джип» автокөлігінің кілтін берді.

– Өткізіліп жатқан шараның негізгі мақсаты – тарихты көтеріп, болашаққа дұрыс бағыт сілтеу.Ең бастысы бабаларымыз ел, жер үшін күресіп, үлт ретінде бақытқа қол жеткізе алмағанын ойғу арқылы ел мүддесі жолында қызмет істеуге, бауырмалдықты арттыра түсуді, батыр бабалар бәйітінде тамаша сипатталады. Қазақ баласының ауыздығын ұстай білуге шақырды.

Бір-біріне жеңіс бермес жарыс күні бәйге қызды. Президенттік шақырымға жүгіруден және жалпыкомандалық сайыстарда түрлендіктер озса, футболдан әзеттегідей көктеңбілтер I-II орындарды иеленді. Тоғызқұмалақ пен шашкат жүлделері есіктіктер мен түрлендіктерге бұйырды. Мәнді жәр спорттық ойындар шарасына барлық ауылдық әкімшіктер қатысты. Дәсек те, сәбектене білген бәйтерекгіктер мен балтабайлықтардың, есіктіктердің жарыс жолындағы мерейі үстем болды. Оны шақтандар «Нұр Отан» ХДП облыстық және аудандық филиалдарының Алғыс хат, дипломдарымен марапатталды. Аудан өнерпаздары мен «Жібек жолы» , «Ұлыбай» эн-би ансамбльдері спортшыларды мың бұралған би, ән-жырларымен жігерлендіріп отырды.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

«НҰР ОТАНҒА» – 10 ЖЫЛ

ТАРТЫСТЫ БӘСЕКЕ

Өткен бейсенбіде Еңбекшіқазақ ауданында Елбасының «Қазақстан – 2030» Стратегиялық бағдарламасы аясында «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының 10 жылдығына арналған «Менің жеңісім – партияның жеңісі» атты спорттық спартакиада болып өтті.

Бәянды ЗӘКІРОВ, "Жетісу"

Жастар арасында «Нұр Отан» ХДП-ның беделін арттыру, спорттық байланыстарды нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастырып, нашақорлық пен есірткіге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын пәрменді жүргізу мақсатында ұйымдастырылған, спорттың 6 түрінен өткізілген шараға мәслихат депутаттары, партияның бастауыш ұйымдары, қала, селолық округ әкімдіктерінің құрама командалары – барлығы 600-ге жуық спортқа мықты азаматтар қатысып, өзара сынға түсті.

Спартакиаданың ашылу салтанатында аудан әкімі, партияның аудандық филиалының төрағасы Әлихан Төйбаев, «Нұр Отанның» Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдікадыров құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларды дене шынықтыруды әдетке айналдырып, еліміздің спортты дамытуға үлес қосуға, салауатты-лықты дәріптеуде барша үлгі болуға шақырды.

Қаралы митингте, сондай-ақ Қарағанды облысының «Әділет» қоғамы ұйымының мүшесі Екатерина Кузнецова адамзат баласын ажусыз жазалауда бұдан аскан қылмыс болмайтындығын сөз ете келіп, бабалар рухы алдында бас иіп, тағзым ету, ерлікке толы есімдерін жалыда сақтау бүтінгі және келер ұрпақтың мәңгілік парызы екендігін ерекше толғанысқан атап өтті.

Сонымен, өткен ғасыр қойнауында халқымыз басынан өткерген тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбаны болған бабалар рухына тағзым еткен қаралы митинг сонында ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Аруақтарға бағышталып құран оқылып, ас берілді.

ЖАҢАЛЫҚ АУЫЛЫ, ТАЛҒАР АУДАНЫ.

«Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» АҚ Алматы облысы, Алакөл ауданындағы «Көктума станциясында қуаттылығы 1000 кВА 110/ 10 трансформаторын орнату мен № 162 желісінен №80 подстанцияға дейінгі ВЛ-110 кВ құрылысы» және осыған байланысты Көктума станциясы аумағында орналасқан ОВОС» жұмысшы жобасы Алматы облыстық табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасында мемлекеттік экологиялық сараптаудан өткізілетінін хабарлайды

Мемлекеттік экологиялық сараптауға қатысты барлық сауалдар бойынша мына мекенжайға хабарласуға болады: **Астана қаласы, Победа даңғылы, 98, тел: 8-7172-93-53-86, С. Поршин.**

«АТ Джандосовский кирпич» ЖШС-не Алматы облысы бойынша қажет: Инженер-технолог – 1 бірлік. **Талап:** жоғары арнаулы білім және мамандығы бойынша еңбек өтілі 3 жылдан кем емес.

Тел.: 8 (7272)-23-72-50.

КҮЗГІ ТУРНИР

Ұлытау ауданының Қарсақбай қаласында ауданның ашық кубогы үшін футбол турнирі өтті. Оған Ұлытау, Жезқазған, Сәтбаев қалаларынан және Ұлытау ауданынан 6 команда қатысты. Турнирдің жеңімпазы Ұлытау қаласының «Ұлытау» командасы болды. Ал Қарсақбай қаласының «Шахтер» командасы екінші орынға ие болды. Үшінші орынды Ұлытау ауданының «Ақтас» командасы иеленді. Ал Сәтбаев қаласының «Металлург» командасы төртінші орынға ие болды. Жеңімпаз команда 150 мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. Ал қалған командалар құнды сыйлықтармен марапатталды.

БАЙҚАУ

Сұлулар сайысы

Алматы қаласының «San BeLL» модельдік агенттігінің қолдауы және Талдықорған қаласы әкімінің ұйымдастыруымен көркемөнер галереясында «Миес Талдықорған – 2009» сұлулық байқауының іріктеу кезеңі өтті. Отан қаласы әкімі Сәкен Жылқайдаров пен сұлулыққа қатысты өзіне шын ниетімен қолдау білдірді.

Айнұр ӘБДРАХЫМ, "Жетісу"

Өткен жылдары да қаламызда сұлулық байқаулары өткізіліп тұратын. Бірақ бұлығы байқаудың ерекшелігі – жеңімпазымыз басқа облыстардың да сұлуларымен бақ сынасады. Бұл біз үшін үлкен жетістік екені сөзсіз. Сондықтан қаланың мәдени өміріндегі ірі ресми жобалардың бірі – әсем сұлулық байқауының қатысушыларына қойылатын талаптар да күшейтілді.

Байқау дирекциясы үміткерлерінің өтініш-сұраныстарын 25 желтоқсанға дейін қабылдаған. Қабылданған 24 қыз тренажер залында және бассейнде денелерін шынықтырды, дәм салонында әдемілектерін арттыра түсті, хореограф пен дефиледеден арнайы мамандардан сабақ алды. Іріктеу кезеңіне дейін қала көшелерінде бірнеше мәрталы шаралы да өткізілді, оның ішінде қайырымдылық та бар. Атап айтсақ, «Айналайын» балалар үйінде ұйымдастырылған «Қайырымды бол», ақыл-есі кем балалар үйінде өткен «Жақсылық жарата бізден нұр үстіне нұр.

ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН

*Жаңбай поэзияға жұмысшы ауылы және шығыстың бір сарынсыз ерекше мәдениеті әсерінен келеді. Ұйғыр және қазақ тілдерінде бірдей жазып, екі тілдің де ақындық мектебінен өткен. Бұл күнде ақындар шеберлігі шығыстың классикалық поэзиясының бастаулары мен ұлттық дәстүрлерінің бастауларынан бастау алады. Ұлы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Сарын» атты еңбегінде ақындық өнер туралы ой толғаулар бар. Ұлы ақын ақындық өнерге ерекше мән беріп, ақындық өнерді ұлы ұстаздың ұлағатты сөзіне теңеген. Ақындық өнер –

Шекараның шебінде, ел шетінде

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Аралдың өлең оқыған жігіттерінің алғашқы әскер етті ме, жоқ әлде кемсіз ортаға шыққан Ханғожаның жас қаламгерлері Құралбек Сәбит пен Қуаныш Әлімберді Мұқағалидың «Райымбек, Райымбек» поэмасының үзінді оқуға шақырылмаған, ауылының қуанышы сонадайдан жарқын көрініп тұрған Шерғазы Мекебаевқа алғысын айтқан жоқ, тіпті мал ұстауға жайылым, бау-бақшалық жерге әзірлік жасайтын жұмыс жоқ, жол қиындығы тағы бар», – деген өтініш-шағымсыз облыс басшылығына шыққан еді. Сын көтермес хабарды естіп, облыс әкімі Серік Үмбетовтің тапсырмасымен Толқын ауылына жедел жеткен бірінші орынбасары Амандық Баталов бастаған топ тұрғындармен ашық әңгіме өткізген-ді. Тұрғындардың пікірін мұқият тыңдаған Амандық Ғаббасұлы олардың сауалдарына нақты жауап беріп, қордаланған көкейкесті мәселелердің шешімін табуға, халыққа қолұшын беруге уәде еткен болатын. Бүгінгі таңда ауыл тұрғындарының көңілі жай. Жаз шаруасымен алаңсыз айналысуда. Облыс басшылығы тарапынан берілген уәде бойынша сәт алдымен Толқынға тартылған 8 шақырым жол ағымдағы жөндеуден өткізілді. Көктем шығысымен үй маңында бос жатқан жер қайта өңделіп, бау-бақша салу үшін тұрғындарға тегін үлестірілді. Ағын су арықтары тартылып, түрлі өсімдіктер егіп суаруға мүмкіндік жасалынды. Шаруа қожалықтарын құрам дәуірлеріне ауылға жақын қорші Қаражота селолық округінен 80 гектар жер телімін 40-қа жуық отбасына бөліп беріп, құжаттары заңдастырылу үстінде. Дегенмен, жер иелері мейіштікпен сенімді болғандықтан шаруа жүргізуді бастап та үлгерген. Сондай-ақ, оларға мал азығын дайындап алуға қосымша 30 гектар шабындық үлестіріліп отыр. Ауыз су, каналдардың құбырларын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін «Қорғын-геодезия» ЖШС-і жасаған сметалық жоба бекітілді, жақын күндері жаналау басталмақ. Ең бастысы, 340 орынды Толқын орта мектебіне күрделі жөндеу жұмысы қарқын алған. Мердігерлер мамыр айының аяғынан шілденің біріне дейін бөлінген 14,5 млн. теңгені толық игеріп, осы айда 8,6 млн.теңгенің жұмысын атқармақ. Облыс, аудан басшылары мамандар әр істің тиянақты әрі уақытылы орындалуын шұғыл сайын бақылап, назардан тыс қалдырмауда.

– Өңірде керемет жұмыстар атқарылуда. Ауыл мектебі көркіне көз тоймастай болып өзгерді. Жөндеу жұмыстарын қолға алған Виктор Кулеш басқаратын жергілікті «СуКВП» ЖШС-і істі тапжай сай атқеруда. Қыс бойы ұйытқи соғып, қанша бітесең де бөлмені азынатып жіберетін шығыстың мәзірлы желі енді сағынау таппас... Алла бұйыртса, оқу жылы жаңа мектепте басталады. Құрылыста 40-тан астам адам еңбек етуде. Олардың 28-і «Жол картасы» бағдарламасы бойынша жұмысқа тартылғандар, – деп сөз бастаған селолық округ әкімі Амангелді Оспан, әңгімесін жалғасты ықтерге бұрды. Ел ексесі көтеріледі. Жаңа серпіліс басталды деген осы емес пе?

– Жұмыс қолы демекші, шағын елді мекенде дәріхана ашылып, сауда орындары жұмыс істеуде. Жарық беру тұрақталды. Ауылдың 20 тұрғыны Қазақстан ауылына жүгіне күтіп-баптау жұмысына қатынап кетеуде. Оларды тегін тасуға автобус бөлінген. Сондай-ақ, Тескенсу ауылындағы «Берекелі оралман» кіріпі зауытының негізгі жұмыс күші Толқын ауылы тұрғындарынан құралған. Ал, округ орталығындағы үлгілеу бөлек әңгіме. Қараңызшы, кешегі мен бүгіні қандай? – деген ауыл әкімі Амангелді Қасенұлының жүзінен қуаныш сезімі байқалды.

Міне, осылайша мүлгіп жатқан ауыл тынысына жан бітіп, аз уақытты ішінде тамырына қан жүгіргендей еңбек дүбірі басталып та кетті. Алайда, ауыл тұрғындары «Еңбегіңді жарға жығады», «Екі қолға бір кетпен» деген қағидатты берік ұстанғаны жөн. Ынта болса жұмыс көп. Енді мақсат – ынтымақтаса алға ұмтылу. Сонда ғана ауылдың әжары кіреді....

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

«Қиын» балаларға сыйлық

Шілденің 17 жұлдызында Алматы облысының балаларын құқықтарын қорғау департаментінің басшы Аскар Уәлиевпен бастасқан мәжіліс қызметкерлері Талдықорған қаласы маманданған клиникалық емханасында телемедицина ұйымдастыру оңайлау, бейімдеу және оңалту орталығында болып қайтты. Балаларға жүгіне жұмыс барысы қарастырылып, ұйымдастыру тәжірибесімен танысты. Бұл мекемеде қиын балаларға медициналық көмек көрсетіледі екен.

Мұнда негізінен ауыл тұрғындары емделіп, ұсақ-шұйдесіне дейін тегін жасалады екен. Сонымен қатар жасөспірімдер ұйымдастырған қызықты іс-шаралар өткізіліп тұрады. Оларға психолог мамандар жұмыс жасайды.

– Бізден мемлекеттік қаржы ұйымдастыратын тізімінен 21 балық бар. Оның 10-ы ауа-ағын қозғалысының қалпы, ондағы бар жұмыс жақ, ал 4 ауасөгерлік препараттардың санитариясы бойынша анықтамалық отыр. Сонымен, 4 тербелмелісі «Қаршуқы» санаторийінде сынақтан, осы ұлы жатыр. – дейді Талдықорған қаласы әлеуметтік комиссия төрағасының орынбасары Ж. Қыпшақова.

Мұнда келген балалардың тағдырлары сан алуан. Бірі ішімдікке салынып тұрған ата-аналары тастап кеткен, екеуі бірі жетімдік құрып бұғындар. Оның ішінде жасы 4 жасар Ерасылмен бақшасында да бар. Ол әрқашан бірінші рет түсінде. Жетімдік бастамасы ол, ешы сонау рет анасының өзі жатқызып кеп өтеуді. Ал Аркен өзінің қашанның бұлшық ет жүйесінің ауруымен ауырғандықтан, жапырақ жүре алмайды. Оны тамырлардың, қалқанша жүретін аурудың тербеліп кеткен. Бір жағы ол ата-анасының қамқорлығынан қалған

● ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЖЕҢІЛ КӨЛІК ТАБЫС ЕТІЛДІ

Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 20 жыл толуына орай, облыс әкімі Серік Үмбетовтің тікелей қолдауымен облыстық Ауған соғысы ардагерлер ұйымына жеңіл көлік берілді. Осыған байланысты облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов ардагерлерді қабылдап, оларға көлік кілтін салтанатты түрде табыс етті. Қабылдау барысында сөз алған Серік Мейірханұлы ардагерлерге облыс әкімдігі тарапынан жасалып жатқан игілікті істерді тілге тиек етсе, облыстық Ауған соғысы ардагерлер ұйымының төрағасы Ерлікбай Әлімқұлов ардагерлер атынан облыс әкіміне алғысын жеткізді.



Суретті түсірген Асхат ҚАЖЕКЕ

Кәкжет АНДАС, "Жетісу"

Өткен жолы облыс әкімінің қабылдауында болған Ауған соғысы ардагерлері Серік Өбікенұлының өздерінің ұтымды жұмыс жасауына қолбайлау болып отырған жеті мәселені шешіп беруін сұраған еді. Қазір тек түрғын үймен қамту және емдеу-сауықтыру жағындағы көрсеткіштің аздығы болмаса, өзге талаптар өз деңгейінде орындалған.

Иә, Ауған соғысының ардагерлері от кешкен жылдардағы ерлігі арқылы Отан қорғаудың үлгісін көрсетті. Ал, қазіргі таңда олар жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде өлшеусіз еңбек етуде. Бұл ел келешегі үшін жасаған азаматтық борыш болып саналады. Десе де, отты жылдарда ерлігін бұлдамаған, бүгінгі күні жастар тәрбиесіне бар ынтап-ықыласын берілген ага буынның әлеуметтік жағдайын жақсартуда уақыт талабынан түскен емес. Ағымдағы жылы облыс орталығы Талдықорған қаласында Ауған жерінде қайтыс болған сарбаздарға арналған алып ескерткіш бой көтерді. Облыс басшысының тапсырмасымен бюджеттен төрт млн.теңгеден астам қаржы бөлініп облыс аумағындағы үш жарым мыңға жуық Ауған соғысының ардагеріне Мәскеуден арнайы алдырған «Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанының 20 жылдығы» тесбелгісі табыс етілді. Қазір ардагерлердің мұң-мұқтажын бағамдап, орын алған мәселелерді шешуді мақсат еткен облыс орталығында Ауған соғысы ардагерлер ұйымы, ал жергілікті жерлерде оның бөлімшелері жұмыс жасайды. Сонымен бірге, қоғамдық ұйым мүшелерін кепген бері көлік мәселесі ойландырып келген еді. Міне, бүгін сол түйін шешілді.

Шараның соңында бірқатар ардагерлер «Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 20 жыл» тесбелгісі мен облыстық Ауған соғысы ардагерлер ұйымының «Алғыс хатымен» марапатталды. Шараны қорытындылаған Серік Мейірханұлы облыстық Ауған соғысы ардагерлері ұйымының бірқатар тың жобаларын ойластырып отырғанын айта келіп, енді кезекте аталған қоғамдық ұйым үкіметтік емес ұйым ретінде жұмыс жасауына жағдай жасалатынын жеткізді. Бұл ардагерлерді қуантып тастады. Иә, отты жылдардың сынағынан өткен жандар, бейбіт күнің жылы шуағына бөленіп тарасты.

● «ЖОЛ КАРТАСЫ»

«Жол картасы» бағдарламасының басты бағыттарының бірі – жолдарды жөндеу болып табылады. Алматы облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы облыстағы аталған бағыттың орындалуын қамтамасыз етуге жауап береді, нақтырақ айтқанда, бағдарламаның басты өкімшісі осы басқарма. «Жол картасы» бізідің облыс бойынша 2,8 млрд. теңгені құрайды. Оның 1,7 млрд. теңгесі республикалық бюджеттің мақсатты трансферті болса, 1,1 млрд. теңгесі жергілікті бюджеттен қарастырылған. Осынау қыруар қаржының қалай игерілін жатқаны жайлы Алматы облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастығы Б. МАМАЖАНОВ былай дейді:

Жолдарды жөндеу басты назарда

Балит АБАҒАН, "Жетісу"

– «Жол картасы» жобаларын орындау барысында 2449 адамды жұмыс орнымен қамтамасыз ету жоспарланған. Қазіргі кезге олардың барлығы еңбекке орналастырылды және олардың 83 пайызы еңбектен қамту органдарының жолдамасымен келгендер. Тағы 481 адамды дайындықтан өткізу және қайта дайындау керек. Бүгінгі күні 90 адам оқуға кіріскен те кетті. Олардың барлығы жол жөндеуге байланысты мамандықтар алады.

«Жол картасының» барлық 95 жобасы бойынша қалалар мен ауылдардың көшелерін, облыстық, аудандық маңындағы автожолдарды ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстардың тендерлері толық өткізілді. Тендерлердің нәтижелері бойынша үнем – 22,1 млн. теңгені құрады. Жобаларды орындауға қатысты барлық келісімшарттар жасалды. Бүгінгі күнге дейін 1,6 млрд. теңге игеріліп, оның 962 млн. теңгесі республикалық, 592 млн. теңгесі облыстық бюджеттен бөлінген қаржы. Орташа жөндеу жоспарланған 395,4 шақырым жолдың 222 шақырымы бойынша жұмыс жүзеге асырылса, ағымдағы жөндеуге жататын 459,8 мың шаршы метр жолдың 258,4 мың шаршы метрінде жұмыстар орындалды. Сондай-ақ, «Жол картасын» орындау барысында 750 метр автожолда күрделі жөндеу жүргізілді. Өз кезегінде жол жөндеу жұмыстары бойынша шаралар облыстағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге оң әсерін тигізіп отыр.

Жергілікті өкілшілігі жөндеуден өткізу жоспарланған 338 шақырым болатын 29 нысан бойынша жасалған келісімшарттардың сомасы бір жарым млрд. теңгеден асып жығылды. Осыларда 1338 жаңа жұмыс орны құрылып, еңбектен қамту органдары жолдамасымен келген 1320 адам жұмысқа орналастырылды.

Екі жоба бойынша қалалар мен ауылдардың көшелерін күрделі жөндеу қарастырылған. Бұлар бойынша 12,7 млн. теңгенің келісімшарттары жасалып, 12 жұмыс орны құрылды. Елді мекендердегі көшелердің орташа жөндеуі бойынша 326 млн. теңгенің келісімшарттары жасалып, жұмыс көлемі – 57 шақырым болып белгіленді. Мұнда 325 жұмыс орны ашылып, адамдар еңбекке орналастырылды. Бір жоба аумағағы жөндеуге жатады және мұнда 905 млн. теңгеге келісімшарттар жасалды. Жұмыс көлемі – 460 мың шаршы метр жол аумағын жөндеуді құрайды. Бұл жоба бойынша 774 жұмыс орны ашылып, барлығы толықтырылды. Облыстық әкімдік пен «Жол картасын» жүзеге асыру жөніндегі штаб отырыстарында бірінші кезекте жолдардың жөндеу барысына баса назар аударылып, қатаң сұралады. Әзірге бізлер өкімге жүктелген жауапты міндетті мүлтіксіз атқарып келеміз.

ЖҰМЫР ЖЕР

ТЕГІН ЖҰМЫС ІСТЕГЕН

Украинаның Луганск қаласындағы кәсіптік-техникалық училищесінің оқушыларын өндірістік жұмысқа тегін тартқан. Тек ақысыз тамақ берп отырған. Мұны республика ішкі істер министрлігінің қызметкерлері анықтапты. Сейтсек, кәсіптік-техникалық училищесінің директоры мен бас бухгалтері 2007–2009 жылдары түрлі коммерциялық кәсіпорындармен студенттердің тәжірибеден өтуіне қатысты келісім-шарттар жасаған. Мұның бір тиімсіздігі, болашақ мамандардың еңбекақысы қарастырылмаған. Былайша айтқанда уақытта, кәмелеттік жасқа толмағандар құлдық жұмысқа тартылған гой. Іздан тек оқушылар ғана емес, оқу орнының өзі зардап шегіп отыр. Өйткені, бизнесмендер училищеге атқарылған жұмыс үшін тиісті қаржы аударуы керек болатын.

Украинаның бюджеті мен зейнетақы қорына да бұдан шығын келген. Сонымен ішкі істер министрлігіндегі қызметкерлер жалпы шығында 208 мың гривнеге бағалап отыр. Аудannың прокуратурасы басшыларға қызмет бабын асыра пайдаланушылықтары бойынша қылмыстық іс қозғаған.

ЗІЛЗАЛА ЗАРДАБЫ

Грузиядағы зілзала 8 қыркүйекке қараған күні болды. Сонын салдарынан бірнеше ондаған түрғын үйлер зардап шеккен. Бастапқысы қалғандар уақытша шалаткаларға орналастырылған.



Өңірлік даму министрлігінің айтуынша қарағанда, зардап шеккен түрғындарға көмек көрсетуге арналған төтенше қор құрылған. Жер сілкінісі кезінде топырақ көшкінді де бел алыпты. Мұнымен қатар, электр желілері де үзілген. Сонын салдарынан Омск ауданына электр жарығы берілмеген.

Жалпы алғанда, зілзаланың күаты 6,2 балға жетіпті. Мұндай жердің толқуы Оңтүстік Осетия аймағында да байқалған. Қиыр қаласында 4 мың қабатты үй қалпынан келтіруге жарамай қалыпты. Мұнымен бірге 10 жақа мөлшерін үй де мүлдем жарамсыз күйге енген.

ТІКҰШАҚ АПАТЫ

Қазақстанда тікұшақтың апатқа ұшырауы салдарынан 10 адам қаза тапты. Тікұшақ шекара қызметіне қарасты екен. Оның ішіндегі 13 қазақтың 10-ы бұл әскерлер қатарынан.



Тікұшақ Оңтүстік Қазақстан облысының жерінде 8 қыркүйек күні таңертең құлаған. Барлау-тінктіру ұшағы екенін анықталған екен. Олар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шекараны қорғауды күшейту мәселесімен шұғылданып жүрген.

Тірі қалған 3 әскери қызметкердің ауруханаға жатқызылғандығы айтылған.

ОБАМАНЫ МАҚТАДЫ

АҚШ-тың бұрынғы президентінің зайыбы Лора Буш жаңа басшы – Барак Обаманың өз мандатін кепілдігей атқарып отырғанын мысалға келтіріп, мақтау сөз айтқан. Бұл либерал телеарна арқылы берген сұхбатында көпшілікке жеткізген. Лора Буштың пікірінше, қазіргідей күрделі жағдайда Барак Обама өз шаруасын үлкен жауапкершілікпен атқарып келеді. Ол сонымен қатар Обаманың жұбайы Мишельдің өзына да мақтау либез білдіріпті. Ақ үйді өзінің отбасы үшін мағынасы күйге келтіріпті.



Барак Обаманың жаңа оқу жылы қарсаңында американдық оқушыларға арнап сөз сөйлегенін де жазыпты. Бұл да үлкен мәселе болып табылады. Оның сөзі бірнеше ұлттық телеарналар бойынша берілген. Обама мектеп оқушыларын алға үлкен мақсат қойып, соған жетуге күш салуға шақырады, сонымен бірге, білімнің өмірдегі маңыздының жөн екендігін атап айтқан.

ТҮМАУДЫ ЖЕҢГЕН ПРЕЗИДЕНТ

Колумбиялық президент алмақ дүрілтіріп түрған дошпұ тұмауынан емделіп, үлкен карикатурашың мейіпкерлік айналыпты. Мәселе былай. Колумбиялық президенті Альваро Урибе зиянкес тұмаумен шалдыққан екен. Содан бар күш-жігерін салып емделіп, өзінің қызметін орындауға кіріскен. Осы ерекшелігі үшін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарындағы карикатурашың көңілтеріне ілігіпті.



Елу жаңғ жасар Урибе биылғы тамыз айының соңында Аргентинада латын-американдық басшылардың кездесуінде өзін мазар сезінеді. Кең көлемдегі оның бойынан жаңа тұмаудың вирусы табылады. Урибе бір апта бойына үйінен шықпайды. Сол шақта елге телефон арқылы және интернеттік кеңестерін басшылық етеді. Содан дүйсенбі күні мемлекет басшысы жұмысқа шығады. Үкіметтің мәжілісіне қатысады, түрлет қарқаттарына қолының белгісі бойынайды. Солай бола түрса да, бетіне дәнекер бетіңрік жасап алады. Сайтқа, жергілікті газеттерден көңілтеріне ілінеліне шыға келеді.

Колумбиялық денсаулық сақтау министрлігі бұл елде 648 адамның денсаулығы тұмаумен шалдыққандығын анықтап отыр. Бұлардың 35-і өлімге сапарға кеткен. Бұлшықетінде денсаулық сақтау үйлесімінің өкілдік бөлімшесінің мәліметіне қарағанда, жалпы елде бойынша осы дерттен 3,4 мың адам көз жұмған. Ал, сырқатқа шалдыққандардың саны 271 мың адамнан асқан.

● «ЖАСЫЛ ЕЛ»

«Көзіңді қалдыр – бұлақ көзін аша жүр, ізіңді қалдыр – жақсы істен мұра шаша жүр, өзіңді қалдыр – бақша өсіріп, жаса нұр» деген халық даналығын ұстанған Алматы облыстық «Жасыл Ел» штабы биылғы жұмыс маусымын аяқтады. Елбасы Жолдауын жүзеге асыруда белсенділік танытып жүрген жасақшылар өз жұмыстарымен қатар түрлі мәдени шараларды өтуіне ұйытқы болды.

Жұмыс маусымы аяқталды

Айнұр ӘБДІРАХЫМ, "Жетісу"

Әсіресе, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, жалғызбасты, көмекке зәру қарияларға көмектесу мақсатында колға алынған «Жасыл елдің бір күні» атты акциясы көпшілікті ауылында жүрген нәті бастама. Жасылдықтардың айтуынша, бұл бастама жыл бойына созылады. Осы жылдың ТМД елдерінде «Жастар жылы» деп жарияланғанына орай ұйымдастырылған шараларды басы-қасында жүрді. Облыстық «Жасыл ел» штабының PR менеджері Бейбіт Комалұлы жұмыс маусымының аяқталуына орай өткен баспасөз конференциясында осы және басқа да мәліметтермен толығырақ таныстырды.

Жұмысқа жастар мен студенттерден қатарынан 700 адам «Жасыл елдің» жұмыс маусымына тартылған. Нәтижесінде осы аралықта көлемі 162,21 гектар жер абаттандырылып, 26852 түп жасыл желек отырғызылған.

Елбасы кеңсесімен жүзеге асып отырған «Жасыл ел» бастауларының басты мақсаты жұмыссыз жастарды, студенттерді еңбекке тарту, бос уақытын тиімді пайдалану болып табылады. Детгемен бастапқы жылдары онда жұмыс істеуге ниет білдіргендердің саны көп бола қайғаи жоқ еді. Ал биыл жұмыс маусымы басталар сәлсымен бірнеше күннің ішінде тек Талдықорған қаласында жоспар бойынша 170 адам қабылдану керек болса, оған 200-ден астам жас еңбек етуге ниет білдіргені екен. Жалпы Алматы облыстық «Жасыл ел» штабы өткерген жастар жұмысы бойынша басқа облыстармен салыстырғанда алдынғы қатарда келе жатыр. Мұның себебі облыс әкімі Серік Үмбетов жастар саясатына көлдау көрсетіп, олардың барлық бастамасына қолдауын беруден аянбаған емес.

Келесі кезекте облыстық студенттік құрылыс отрядтарының жетекшісі Дамир Боршибаев сөз алып, 350 студенттің жұмыстпен қамтылғанын алға тартты. Қазіргі колға алып жатқаны «Қарағаш» шағын ауданындағы мини баскетбол алаңы. Оның айтуынша, қыркүйек айының соңында баскетбол алаңы пайдалануға берілед.

ЖАСТАР ЖАЛЫНЫ

ТМД елдерінде жарияланған Жастар жылына орай облыстық «Жетісу жастары» жастар орталығы Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағаш ауылында «Жастар жалыны – Отанға» атты акция өткізді.

Жастардың патриоттық сезімін нығайту, кәсіпкерлік, қасиеттерін дамыту, белсенділерін анықтау және оларға қолдау көрсетуді көздеген шара аясында екі тәулікпен семинар-тренинг ұйымдастырылды. Атап айтсақ, облыстық тәрбиесайыс бағдарламасын үйлестіруші Гауһария Ахметова мен Қазақстан жастар конгресінің Алматы облыстық ресурстық орталығының жетекшісі Жомарт Қаратас жүргізген «Тәрбиесайыс ойындары арқылы жастар арасында кәсіпкерлік қасиеттерді дамыту» атты семинар-тренингке Ұзынағаш кәсіптік мектептерден жиналған 60 оқушы қатысып, белсенділіктерін көрсетті. «Жастарға патриоттық тәрбие берудің жолдары мен оның түйінді мәселелері» тақырыбында өткен келесі семинар-тренингтің жұмысын «Жетісу жастары» жастар орталығының бөлім бастығы Мейір Жұмашева мен облыстық «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшесі Айдын Нұрмұхамбетұлы жүргізді. Сонымен қатар, шара аясында спорттық ойындар мен эстафеталар ұйымдастырылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Жамбыл ауданының жастары тілге шешен әрі тапқыр. Әсіресе, Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп оқушысы, жас патриот Абылай Жетпісбаев журналистпен сөз шеберлігімен таныт етті.

А. ШУСПАЙҚЫЗЫ.

● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

ТЕНДЕР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматы облысының жергілікті басқарушы органдары мектеп оқушыларын тегін тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында

Тендер 25 қыркүйек 2009 жылы, сағат 10.00-де өтеді.

Өткізілетін орны: Талдықорған қ., Жансүгіров к-сі, 111-үй, 401-бөлме.

Тендерге жалпы білім беру мектептерінің асханалары мен буфеттері қойылады:

Аксукол ауданы бойынша

1. Үшарал қаласындағы «Абай атындағы орта мектеп» ММ 54 ш.м. асханасы;

2. Рыбачий ауылындағы «Алакөл орта мектебі» ММ 49 ш.м. буфеті;

3. Екпінді ауылындағы «Аубакиров атындағы орта мектеп» ММ 24 ш.м. буфеті.

Ақсу ауданы бойынша

1. Жансүгіров кентіндегі «Сәтпаев атындағы орта мектеп» ММ 53 ш.м. буфеті;

Балқаш ауданы бойынша

1. Көкжиде ауылындағы «Көкжиде орта мектебі» ММ 18 ш.м. буфеті.

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша

1. Нұра ауылындағы «О. Жандосов атындағы орта мектеп» ММ 20 ш.м. асханасы;

2. Нұрлы ауылындағы «Нұрлы орта мектебі» ММ 18 ш.м. буфеті.

Жамбыл ауданы бойынша

1. Көкқайнар ауылындағы «Көкқайнар орта мектебі» ММ 12 ш.м. буфеті;

Ілі ауданы бойынша

1. Байсерке ауылындағы «№ 12 орта мектеп» ММ 54 ш.м. асханасы;

Кербұлақ ауданы бойынша

1.Аралтөбе ауылындағы «Аралтөбе орта мектебі» ММ 26 ш.м. буфеті;

2.Малтөбе ауылындағы «Шанханай орта мектебі» ММ 6 ш.м.буфеті.

Кеңсу ауданы бойынша

1. Жетіжық ауылындағы «Жетіжық орта мектебі» ММ 6 ш.м. буфеті.

Сарқан ауданы бойынша

1.Лепсі кентіндегі «Ушинский атындағы орта мектеп» ММ 147,3 ш.м. асханасы;

Қаратал ауданы бойынша

1. Ерменсай ауылындағы «Ерменсай орта мектебі» ММ 140 ш.м. асханасы;

Райымбек ауданы бойынша

1. Кемерші ауылындағы «Кемерші орта мектебі» ММ 30 ш.м. асханасы;

Талғар ауданы бойынша

1. Алматы қаласы, Чернышевский к-сі, 43-үй мекенжайындағы «Алматы облыстық № 15 мектеп-интернаты» ММ 6 ш.м. буфеті.

Жалға беру мерзімі – 1 жыл.

Тендер шарттары:

– санитарлық-эпидемиологиялық нормалар, өрт қауіпсіздігі және т.б. нормаларды сақтай отырып, жайды тиімді пайдалану;

– жылына 1 шаршы метрге жалдау ақысын қамтамасыз ету;

– тағам құнының төмен болуы және жетім балаларға көмек көрсету;

– жалдау төмен отбасы және жетім балаларға көмек көрсету;

– жалға алған жайға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу;

– мектеп асханаларындағы екі және жарымсы жайдықтарды жұмыстыру немесе жаңа жайдықтар орналастыру.

Жалдық бір шаршы метрге бастапқы жалдау бағасы:

– Алматы қаласында орналасқан мектептер үшін – 3000 теңге;

– аудан орталықтарында орналасқан мектептер үшін – 150 теңге;

– басқа елді мекендерде орналасқан мектептер үшін – 75 теңге.

6-10 жасқа дейінгі бір балаға берілетін бір мәлтек тамақтың (бірінші және екінші тамақ, нан және сусын) орташа құны – 129 теңге;

11-17 жасқа дейінгі бір балаға берілетін мәлтек тамақтың (бірінші және екінші тамақ, салат, нан және сусын) орташа құны 244 теңге.

Буфетте берілетін тағамның орта құны – 35 теңге.

Тендерге қатысушылардың ұсыныстары балдық жүйеде бағаланады.

Бағалы келісі тартышеп комиссиясы:

– жайды тиімді пайдалану туралы ұсыныс – 3 балл;

– жалдайы төмен отбасы және жетім балаларға спонсорлық көмек көрсету туралы ұсыныс – 5 балл;

– ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы ұсыныс – 3 балл;

– мектеп асханаларындағы екі және жарымсы жайдықтарды жұмыстыру немесе жаңа жайдықтар орналастыру жөніндегі ұсыныс – 5 балл;

– жалға алу төлемінің бастапқы бағасын беруге ұсыныс – 1 балл;

– жалға алу төлемінің бастапқы бағасын көтеру жөніндегі ұсыныстар:

5 пайызға – 2 балл;

7 пайызға – 3 балл;

10 пайызға – 4 балл;

10 пайыздан жоғары – 5 балл;

– бір мәлтек тамақ жиынының орташа құнына беруге ұсыныс – 1 балл;

– бір мәлтек тамақ жиынының орташа құнының төмен беруге ұсыныстар:

5 пайызға – 2 балл;

7 пайызға – 3 балл;

10 пайызға – 4 балл;

10 пайыздан төмен – 5 балл.

Тендерге барлық жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар қатыса алады.

Тендерге қатысушы үміткер тендерге қатысу үшін келесі құжаттарды өткізуі тиіс:

– тендерге қатысу үшін өтініш;

– жеке тұлғалар үшін нотариалдық өзінің растығын куәландыратын немесе басқа құжаттарымен басқа да құжат көшірмесі және СТН;

– заңды тұлғалар үшін нотариалдық өзінің растығын жарғы, заңды тұлғаның тіркеу куәлігі, статистикалық карточка;

– өтерге заңды тұлғаның басшысы болмағын жағдайда, тендерге қатысуға, құжаттарға қол қоюға оның өкілдерінің сенім хаты;

– келісілей шарттарды көрсете отырып, жайды пайдалану жөніндегі бизнес-жоспар;

– санитарлық-эпидемиологиялық нормалар, өрт қауіпсіздігі және т.б. нормаларды сақтай отырып, жайды тиімді пайдалану;

– жылына 1 шаршы метрге ұсынатын жалдау мөлшері;

– бағалық көрсеткіш отырып, ұсынатын тағамдарының толық және мәлтек тамақ жиынының орташа құны;

– жалдайы төмен отбасы және жетім балаларға көмек көрсету туралы ұсыныс;

– жалға алған жайға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі ұсыныс;

– мектеп асханаларындағы екі және жарымсы жайдықтарды жұмыстыру немесе жаңа жайдықтар орналастыру туралы ұсыныс.

Бизнес жоспар мерзімдегі көлемдегіне ұсыныстар тіс.

Құжаттар түрлі болмаған жағдайда тендерлік комиссия өтінімді қабылдаудан қалады.

Егерде, бір асханага (буфетке) екіден көп өтінім түсіп тендер өткізу деп саналады да, тендер қайта жарияланады.

Ең жоғарғы балл жинаған үміткер жеңімпаз болып табылады.

Егерде екі қатысушының балдарды бірдей болған жағдайда мектеп асханасында жұмыс тәжірибесі бар қатысушы жеңімпаз болады.

Өтінім және қажетті құжаттарды комиссияға табыстаған сәттен бастап тендер өткізуге бір ауа қалғанға дейін Алматы облысының қаржы басқармасында қабылданады.

Қосымша ақпаратты Алматы облысының қаржы басқармасының және аудандық, қалалық қаржы бөлімдерінен алуға болады.

Телефондар: 8 (7282) 27-36-27; 27-36-39; 27-37-07.

Тендер Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 111-үй, Алматы облыстының қаржы басқармасы ғимаратының 401-бөлмесінде өтеді.

ИГІ БАСТАМА ИГІЛІГІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Серіктестіктің басқарушысы Андрей Гонюк Германиядан алынған шырынды сусындар, лимонад, шай, кофе-кола, тағам, газсыз сулар шығаратын механизмдер жүйесімен таныстыра келіп, жаңа технологиямен тауарлың 50-60 мың литр тұтынушыларға жеткізілін жатқанын энгімеледі. Айтары жоқ іске тәнті болған Серік Өбікенұлы ұжымның әлі де үлкен жетістіктер игеретініне сенді.

Саймасай селолық округіне қарасты Ерік Серікұлының иелігіндегі «Айдарбаев» шаруа қожалығының орналасқан жері құнарлы, түтін тартсан майы шығады. Шаруашылыққа қолайлы, суы мол. Қоңыр тарды алма бақтарын аралата жүріп тапыстырған неміс басшысы Ерік Айдарбаев пен тұлымы жетесіні Вильям Гарбелов 14 гектар жерге түрлі алма шаштары мен көшеттік шыбықтар отырғызып, оның 4 гектары бала өнім беретінін, одан 36 тонна жуық дәмі тәл үйретін алма жинағатынын айтып айтты. Нетижеде олар жоғары сапалы алма көшеттерін сатумен айналысуда екен.

Шаруашылық мал өсірумен де шұғылданған. Бұл салада шаруа қожалығына 25062,0 мың теңге кіріс кірген, «КазАгроФинанс» жезісі арқылы 282 мың. теңгеге тауарлы сүт кешенін салу құжаттары дайындалуда. Жем-шөпті өздері дайындайды. Мұндай шаруашылық құрып, оны қалыпқа өркендетіп келе жатқан шаруа қожалығы иелеріне алғыстан басқа не айтуға болады, – деді Серік Өбікенұлы.

«Бұдан» АӨК-нің бұрындастыру тәжірибе алқабына келген облыс басшысын учаске жетекшісі Дильяра Айгожина және «Земүл Поле» жүгері өсіру институтымен бірнеше, «Бұдан» АӨК базасы төңірегінде жүгерінің сапалы тұқымын өсіру кімен шұғылданып жүрген ғылым-доктор Лазар Конович қарсы алып, өз тәжірибелерімен таныстырды. Олар жер табиғатына қарай төмпе не 11 түрлі сапалы жүгері тұқымын дайындап, Қостанай, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстары және Ресейдің Алтай өлкесімен тұқым сату жөнінде түрақты байланыс орнатқан. Тәжірибе участкесі бұыл осындай сұранысқа орай 2000 тонна түрлі жүгері сапалы тұқымын дайындамақ. Конвертацияға жер көлемі жеткілікті. 200 адам жұмысқа тартылған. Облыс әкімі Серік Өбікенұлы «Бұданның» жұмысына қанық екен. Тұқымдық жүгері мен соя алқаптарын аралап көріп, олардың игілікті істеріне сәттілік тіледі.

Облыс басшысы аудандағы «Жол картасы» бағдарламасының орындалу барысымен танысып, бірнеше объектілерде болды. «Жол картасы» бағдарламасындағы міндеттерді іске асыру үшін Еңбекшіқазақ ауданына 2 млрд. 500 млн.теңге бөлінген. Бұл қаржы облысқа бөлінген соманың 20 пайызы, яғни ірі ауданға ірі көмек. Елді мекендерді абаттандыруға жасалған қолайлы мүмкіндік.

Рахат селолық округіне қарасты Красный Восток ауылындағы 60 жыл бұрын салынған бұрынғы колхоз кеңсесі, қоймалары мектепке айналдырылады 30 жылдан астам. Осы Е. Майлин атындағы мектепте 4-5 жыл бұрын 152 бала оқыса, демографиялық ахуалдың күрт өсуіне, сыртқа кеткен қоныстанушылардың кебеюіне байланысты бұл күні оқушылар саны 420 балаға жетіп, «Жол картасы» бағдарламасына сай мектеп құрылғы жөндеуге алынып, құрылыс жұмысына 31,5 млн.теңге бөлініп, оның 82 пайызы игерілді.

Ескі үйлердің (мектеп бірнеше корпус болған) біразын түп орнымен қоғарып, көбін жандан салуда екен. Оның ішінде барлық жағдайы жасалынған жобалы спорт зал, кешідық, т.б құрылыстар бар. Бұрын 152 бала екі ауысыммен оқыса, жөндеуден кейінгі кең де жарық мектепте 250 оқушы бір мезгілде оқи алады. Құлай қалса, құрылыс тамыз айының орта тұсында аса толық аяқталады, – дейді мердігер. «Альтаир» ӨК-нің басшысы Сейітхан Қыржымбаев.

Облыс басшысының келетінін естіп, біраз ауыл тұрғындары құрылыс алаңына жиналып қалыпты. Көпшілік ішінен сумырза шыққан ата-ана Шүкүва Садықова, соғыс ардагері Жолдан Иманқұлов Елбасы саясаты мен оның бағдарлы тапсырмаларының күнбе-күн орындалып жатқанын айта келіп: «Өсіресе, «Жол картасы» бағдарламасы ісінің басталуы арқасы көп істің тындырылуы халықтың өмесін көтеріп, болашаққа сенімін арттыра түсті, Елбасына және Сізге халықа деген қамқорлықтарының үшін мың да бір рахмет», – деп местық ақсақалы жеткізерін білдірді.

Серік Өбікенұлы жұмысын Бөлек ауылында жалғастырып, «Жол картасы» қаражатына салынған, екі жақты тротуарлының, айнадай жалтыраң жатқан көшелерді көріп риза болады. Шындығында тап қалмасқа лаж жоқ. 14400 метр жолды күрделі жөндеуге 57 млн. теңге қаржы жұмсалған. Бөлек ауылында да халық облыс әкімінің алдынан шығып, ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Александр Старченко, дәрігер Тыныбекке Төлубаева «Көп жылдан күйкі көрініс кешіп, тығырыққа тірелгеніміз осы екен деп жүргенде ауылымыз қайта түледі, рухани байлыққа кенелін тынысымыз ашылды», – деп облыс басшысына жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Елбасына, Үкіметке деген шексіз ризашылықтарын білдіріп жатты.

Ауданды аралай жүріп, ауыл көшелерінің жарықтандырыла бастағанына риза болады. Көп жетістіктер мен ілгері басқан істерге қуп болған Серік Өбікенұлының жүзінен қуаным сезімі анық байқалды. Жаңашылдыққа ұмтылып, жаңа бастамалар көтеріп, ел игілігін арттыра түсуге жұмылған аудан еңбеккерлерін табыс тіледі.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

ЖҰМЫР ЖЕР

ТИМОШЕНКОНЫҢ ҮЙҒАРЫМЫ



Украинаның премьер-министрі Тимошенко өзі басшылық өтетін партияның билікті қолға алатын уақыты жетті деп есептейді.

«Қазіргі таңда елімізді алға апаруға лайықсыздарға жол беруге біздің құқығымыз да, уақытымыз да жоқ. Елді реформалап, Еуроодақтың құрамдас бір белігіне айналдыруымыз керек» – деп атап өтті Тимошенко съезд делегаттары алдында.

Ол Украинаны ау бастан-ақ қуатты еуропалық мемлекет деп есептейді. Бұл ретте өзінің командасы да көп шаруа тындырған. Украинаның Бүкілалемдік сауда ұйымына мүшелікке енуі, Украина мен Еуроодақ арасындағы қауымдастық жөніндегі келісімнің дайындалуы соның айғағы болса керек.

Украина дағдарыс кезінде өзінде халықаралық валюта қорымен тиімді де табысты қарым-қатынас орната білген. Сондықтан да осы валюталық қормен қарым-қатынасты сырттай сынаушылардың сөзі негізсіз.

Украинада президент сайлауы 2010 жылдың 17 қаңтарында өтеді. Осыған байланысты мемлекеттік қайраткерлер қазірдің өзінде сайлауалды мәлімдемелерін жасауда. Юлия Тимошенко және өңірлер оппозициялық партиясының көсемі, өткен президент сайлауындағы қарсылас, экс-премьер Виктор Янукович мемлекеттік жоғары қызметке үміткерлер арасында зор мүмкіндікке ие болып отыр.

МЕДВЕДЕВТІҢ САПАРЫ

Ресейдің президенті Дмитрий Медведев Оңтүстік Осетияға дәс астынан барып қайтты. Жергілікті басшылықпен сөйлесіп, республикадағы қайта қалпына келтіру жұмыстарының барысымен көзімен танысты. Бұл сапардың астарында газ құбырының осы өлке арқылы өтетіндігін Батысқа ескерту жатқан секілді. Өйткені, мұнда ресейлік әскер тұр.



Ресейлік басшыны республика өкіметілігі мен тұрғындар құшақ жая қарсы алды. «Мен елдеріңізге жаңа мемлекет – Оңтүстік Осетияға шақырғандықтарыңызға дән ризашылығымды білдіремін. Сіздерді қиын-қыстау уақытта ресейлік халықтың қолдағанын жақсы білесіздер» – деп атап өтті ол.

Жалпы ресейлік басшылар бұл республика тәуелсіздік алғанға дейін көп дақ баса бермейтін. Бытыф Владимир Путин премьер-министр дәрежесінде мұндағы ауыр оқиға үстінде дереу келген. НАТО-ның бас қатышысы жұмыда ғана: «Абхазия мен Оңтүстік Осетия Грузияның жерине жатады. Орыстар бұл елдің территориялық тұтастық принципін бұзды» – деп атап өткен болатын.

Медведевтің өз кезегінде Обамамен жүздескен соң бірден Оңтүстік Осетияға баруы АҚШ-пен арадағы қарым-қатынасты жақсартудың жолы болуы да мүмкін. Грузияда бұдан бұлай американдық әскери базалардың болмауы да ықтимал. Сол себепті де, Оңтүстік Осетия Қап тауы өлкесінде НАТО-ның жолын бөгер бөгет болып табылады.

Медведевтің бұл сапары Тбилисиде реніш толқынын тудырды. Саакашвили Медведев Цхинвалиге бара жатқанда өртке оранған грузиндік селолардың және мыңдаған құрбандыққа ұшыраған жандардың мәйіті үстінен кетіп бара жатқандығын сезген шығар деген сықылды өткір сөздер айтылты.

ОБАМАНЫҢ КЕЗДЕСУІ

АҚШ президенті Барак Обама Америкадағы еврейлік ұйымдардың 16 басшысымен жүздескен. Оның барысында Вашингтон мен Израиль арасындағы қарым-қатынас мәселесі талқыланған. Кездесуге АҚШ президенті әкімшілігінің басшысы мен президенттің сая-си кеңесшісі де қатысқан.



Обама Израильге қысым жасамайтындығын білдірген. Солай бола тұрса да, Израильдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, Таяу Шығыста бейбітшілікті орнату үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтындығын айтқан.

Барак Обама соңғы 8 жыл көлеміндегі американдық-израильдік бірлестік жағдайында палендей жетістікке қол жетпегендігін, сондықтан да бұл ретте жаңа тактика қолдану қажет екендігін алға тартқан.

ДОЛЛАРДЫҢ БАҒАМЫ

Батыстағы қайсыбіреулер американдық доллардың күні бітіп барады деген өңгімені ерштіп отыр. Халықаралық сауда айналымындағы бедел түскен. Қайсыбір дамып келе жатқан елдер, атап айтар болсақ, Қытай долларын көмегінсіз-ақ шаруа тындыруға кешкен көрінеді.

Қазіргі таңда американдық бизнесті қолдап, басекеге қабілеттігін арттыру үшін АҚШ жаңа долларды көптеп шығаруда. Былайша айтқан уақытта, оның бағасын өзге валюталармен салыстырғанда едәуір төмендетуде. Ал басқа елдер өздеріндегі қордың құнсыздануын бара жатқанын айқын аңғарып отыр. Ал девальвацияны интервенттік жолмен тоқтатуға тырысқандар бірден ішкі инфляцияға тап болуда. Қытай секілді көптеген елдер доллардың қалқаныма түскен. Ал долларды сату дегеніңіз американдық валюталық құнын және өздерінің резервтерін бұрынғыдан да көп түсіреді. Сол себепті де, резервтік валюта статусына өздерінің ұлттық валютасының көтерілуіне сатылап қол жеткізбек.



Қытай соңғы жылдары бірқатар елдермен, ең алдымен дамып келе жатқан елдермен екі жақты сауданың долларсыз, ұлттық валюта негізінде жүргізілетіндігіне келісім жасап жүр.

●РАЙЫМБЕК АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІНЕ ОРАЙ

ТАЛАНТТАР ТУҒАН ӨЛКЕ

Шетсіз, шексіз, қимасың ұлы дала,
Шуақ болып шашылмай
жылына ма?

Сүй Отанды!
Шынымен сүйін өте өте,
Гүл бол қандай ойына, қырына да, +

– деп ақиық ақынымыз Мұқағали жырлағанындай кең-байтақ Отанымыздың, жер жәннаты Жетісудың төрі әр күн сайын есте қалар жаңалықтарға толы. Облысымыздың әкімі Серік Үмбетовтің қолға алуымен Талдықорған қаласында өткізілген келе жатқан аудандардың мәдени күндері соның бір парасы. Ел мен елді қауыштыруға, игі тілектерді табыстыруға, әр өңірдің өнеге, дәстүр, салтын паш етуге арналған кезегі әуелі, батыр бабамыз Райымбек атындағы ауданның елі мен жұртының сөнгісіне тоқ отыр.

Жер жәннаты Жетіқұ болса, оның төрі де, орі де, ат арлығымо алыстан келген қонақты үлкен мектеп түтқа көрсетері де – дәл осы Райымбек ауданы. Райымбек ауданы небір таланттардың мекені. Дарынды дарынның өлкесі. Кемеңгерлердің өңірі. Өткен ғасырлардағы көсемдер мен шешендерді, батыр бабаларымызды айтпағанның өзінде кешегі отызыншы орда бұзған, «Жас Президент» атанған Нұрбота Өмірзақовты алып қарағыңыз. Мұқағали мен Бердібек әлеибет әлемінің ешкімге ұқсамайтын шоқ жұлдызы болып мәңгілікке қалды емес пе?! Сағаттың орны қандай, кеше ғана топырағы сұммай жер бесігіне бөленген Еркінің өлеңдегі, өнердегі орны қандай еді?!

Бұл қалың қазағы кестер тұтқан, таланттарына басын иген, екінші ғұмырлары жалғасқан ауданның ғана емес, қалың қазағының мақтанышы – Ақай Нүсіпбеков, Әділ Ахметов, Ерғали Нүсіпов, Нұрғали Мамыров секілді академиктерімізді, ғылым докторларын санауға саусағымыз жетпейді. Біз 16 Еңбек Ерімен, алтыдан аса генералымызбен қуанамыз, көтерілін қалдық. Бұл – жақсылық па, жақсылық. Бұл қуаныш пен мақтаныш па, мақтаныш. Нүкетай Мышбаева, Кенжехан Алмабекова секілді Қазақстанның халық әртістерінің жолын Рамазан Стамғазиев, Ерлан Біләлов, Қанат Құдайбергеновтер жалғастырып келеді. Спорт десек, ел мен жер намысы десек, ерекесін жекпе-жектен әлем, Еуразия чемпиондары, ағайынды Ардақ пен Бейбіт Назароваларды орынды сөз етеміз.

Ауған халқының түрмыс-тіршілігі жақсарып, ал-ауқаты артып келеді. Ауыл шаруашылығы даму үстінде. Экономикалық көрсеткішіміз де өскелең деңгейде. Қысқа да ұсқа, түйін айтар болсақ, өнеркәсіп өндірісі саласында алты айда өнім көлемі 380 млн. теңгеге жетті. Өткен жылмен салыстырғанда елеулі ілгеріледі. Осы мерзімде 3 млрд. 141 млн. теңгенің ауыл шаруашылық өнімдері өндірілді. Бұл өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда өнімнің 116 пайызға өскенін көрсетеді. Биылғы көктем маусымында 60464 гектар егістік жер игерілді. Бұл соңғы шаруашылықтар тарағанын кейін болмаған дүние. Жарты жылдықта аудан бойынша бюджет кірісінің жоспары 214,4 млн. теңге болып, есепті мерзімде 256,9 млн. теңге қаржы түсіріді. Кіріс жоспарының орындалуы 120 пайызды құрады. Алты ай ішінде ауданға 636,3 млн.теңге инвестиция тартылды. Жоспар 105 пайызды құрады. Ауданымызда Елбасымыз Н. Назарбаевтың халқымызға арнаған Жолдауын, дағдарыс кезеңінің алдын алуға негізделінген іс-шараларды жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізілін келеді. «Жол картасын» іске асыру мақсатында ауданға 349 млн. теңге қаржы бөлінді. 500 жаңа жұмыс орнын ашу, осы негізде 400-ге дейінгі жұмыс орнын ауданүрімдарымен қамтамасыз ету жоспарланды. Осы мерзімде 222 жұмыс орны ашылды. Оған уәкілетті органдардан 163 адам, мердігерлерден 59 адам еңбекке орналастырылды. Аудан зумағында 792 млн.теңгенің күрделі құрылысы мен күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда. Тауды өлкемізде жүргізілін жатқан тасқар құрылысы – Мойнақ су электр стансысы – біздің тұрақты назарымызда. Ел мен жеріміздің ту етер мақтанышы.

Ауданымыздың барлық өңірлерінде жастар ұйымдары жұмыс істейді. Облыстық деңгейдегі жастар форумы ең алғаш біздің ауданда өтті. Біз жастарды қолдап, қуаттай береміз. Республикалық Мұқағали оқулары жыл сайын Қарасаз ауылында ерекше тауып келеді. Ауданымызда Мәдениет үйлері, ауылдық клубтар мен кітапханалар қайта ашылып, жұмысын жүргізіп келеді. Халықтық атағы бар Кеген халық театры, «Ереуіл» фольклорлық ансамблі – ел айнасы, рухани азық алар жақсымыз. Аудандағы Нарынқол, Қарасаз, Бөлексаз, Алғабас секілді ірегі елді мекендерде әжелер ансамблі жұмыс істейді. Бұл да ұрпаққа өнеге, жақсылық. Үлт аспаптар ансамбльдері қаншама?! Быыл Жамбыл ауылындағы Сағат Әшімбаев мектебінде Сағаттай асыл да ардақтымыздың мұражайы ашыла ашты. Сөз мұражай ашпа заты сай болсын деген ниетпен жергілікті бюджеттен ақша бөлін, бірсыпыра жұмыс жасалық. Еңбегіміз жемісін берді. Мұражай – көз қуанышымызға айналды.

Райымбек ауданы – қазыналы қарты, қасиет дарыған әжелерімен көркейген аудан. Қарттарымыздың қадір тұтамыз. Совет Оразаев бастаған ардагерлер, ақсақалдар ұйымына арқа сүйейміз. Әжелердің де ұйымын құрдық. Ізгілік таратсын, жақсылыққа ұйытсын деген жақсы ниетпен құрдық. Ақсақалдар көтерін жатқан ізгіліктер, бастамалар көп. Аудан орталығында Райымбектей бабамыздың ескерткішін орнатсақ деп жұмылып жатқан жайымыз бар. Көпшілік қолдауда. Быыл ауданымыздың 80 жылдығы – мерейтой, қуаныш түсында баба ескерткіші тұғырына қонады. 80 жылдыққа арналып естелік болып қалар кітап жазылуда. Биылғы ҰБТ-да 6 түлегіміз «Алтын белгіге» ие болды.

Мәдени күндерге еңбектегі, өнердегі, ел өміріндегі айтарлықтай жетістіктерімізбен келіп отырмыз. Жақсылық ортақ, қуаныш ортақ.Тілек бір, ниет түю. Ханзаириядей асқақ өлкенің облыс тұрғындарына көрсетері де, ұсынары да сондайлық көрікті, бай болмақ.

Ақи АЙТЖАНОВ,
Райымбек ауданының әкімі.

●ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

ЕЛДІКТІҢ КЕПІЛІ

Облыс жұртшылығы Елбасының биылғы «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Жолдауының мазмұнымен жақсы танысып, Мақалды құжат жариялаған күннен бастап, ел арасында жан-жақты қолдау тауып, алға қойған міндеттер толық іске асырыла бастады. Осы ретте ақпараттық үгіт-насихат топтары да жұртшылықты Жолдау жайында өткірлым жиын істеріне үлес қосуға құлшындыру мақсатында жұмыстар атқарууда. Қазір облыста «Қазақстан – 2030» Стратегиясын жүзеге асыру жөнінде 368 арнайы насихат тобы және Елбасы Жолдауын насихаттау жөнінде 368 арнайы насихат тобы жұмыс істейді. Сонымен бірге, облыс әкімі Серік Үмбетовтің басшылығымен басқарма және департамент басшылары және «Нұр Отан» ХДП-ның өкілдерінен құрылған 19 ақпараттық топ ағымдағы жылы 3 рет аудандар мен қалаларды, елді мекендерді аралап, жиналыстар өткізді. Жолдау жарияланғаннан бергі бес айдың ішінде 750 мыннан аса адамға насихат жұмысы жүргізілді. Осыған орай өткен айтының бейсенбі, жұма күндері облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен арнайы топ Ақсу, Сарқан ауданында болып қайтты. Топ құрамында болған І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің және облыстық «Жасыл ел» штабының өкілдері ауыл жастарының өмірімен танысып, бағыт-бағдар берді.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Аталмыш шара барысында топ жетекшісі, облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім бастығы Ғалым Жазытбеков кездесуге келген ауыл тұрғындарын Елбасы Жолдауына сай облыс аумағында атқарылып жатқан игілікті жұмыстардан хабардар етті.

Ие, Елбасы 1997 жылғы алғашқы Жолдауында жас азат елімізді 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясын жариялады. Сол күннен бастап жалпақ әлем төңкеліп Қазақстанның қандай қоғам орнатқысы келетінін, ел дамуының ырқын бағыт-қалай болатынын анық білуге, айқын түсінуге мүмкіндік алды. Содан бері Президенттің халыққа Жолдауы дәстүрлі түрде арнайы келе жатқанымен, оның барлық «Қазақстан – 2030» Стратегиясын жүзеге асырудың кезеңдік міндеттері болып табылады. Осыған орай, елдігімізден келбетін айқындайтын аталмыш стратегия республикамыздың саяси және өлеуметтік өміріндегі айтулы құжат ретінде аталған өтудың толық қисыны бар. Сонымен бірге ел үметін жасытпай, ертеңгі күнге деген сенімін нығайтуға дәмеу болған тағы бір қуанарлық жағдай – Жолдауда алға қойылған мақсат-міндеттердің толығымен орындалып келе жатқандығы.

Ал Елбасының биылғы «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуған» атты Жолдауы өлемдік құрғы дағдарысы мазалай бастаған түстағы елді тығырықтан шығарудағы маңызды құжат болғанын отандастар ғана емес, әлем елдері де мойындай бастады. Осы ретте облысымызда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құрылыс индустриясын, энергетика саласы мен кәсіп және телекоммуникация құрылымын дамыту бағытында қомақты жұмыстар атқарылуда. Мұның ішінде Президент Жолдауына сай салынып жатқан «Мойнақ» ГЭС-і, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік автожолы мен Қорғас – Жетіген темірқолы облыс экономикасына тың серпін беретіні анық. Елбасы тапсырмасымен қолға алынған «100 мектеп және 100 ауруханы» бағдарламасы аясында облысымызда 6 аурухана салу мәселесі өткен жылы 4 нысанның құрылысы басталдам. 10 мектеп пайдалануға берілді. Соның бірі – Ақсу ауданы. Қарашалық ауылының еншісіне тиген еді. Насихат тобы аталған мектепте болған кезінде замана талабына сай салынып, жабдықталған оқу орнын көріп, ел келешегі жастарға жасалған жақсы істердің күәсі болдық.

Жолдауға орай «Жол картасы» аясында атқарылып жатқан істерге ел дән риза. Өсіресе, дағдарыс кезінде халықтың пайдалы іспен айналысуы Елбасының сындарлы саясатының жемісі. Қазір қос ауданда бұл бағытта жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Сонын ішінде бағдарлама аясында Сарқан ауданы, Черкасск ауылының жолы жөнделіп, осы ауылға жайғасқан Мұхамеджан Тынышпаевқа арналған кешенның күрделі жөндеуден өткізілетіні қуантып тастады. Ауыл әкімі Төлеухан Жомартұлының айтуынша, көп өтпей Қарғалы–Алматы бағытында жол қатынасы жүретін болады. Бұл ұлы қайратқердің туған жерине барып, тағзым ететіндерге жеңілдік тудырады.

Жастар саясаты – Елбасы Жолдауында көрсетілген басым бағыттардың бірі. Қазір облыста 14-29 жас аралығында 501 мың 470 жас болса, оның 110 мыңнан астамы қалада, 391 мыңнан астамы ауылдық жерлерде тұрады. Облыс әкімінің тікелей ықпалымен құрылған «Жетісу жастары» жастар орталығы сияқты 45-тен астам жастардың қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Жастар ұйымдарының жұмысын жандандыру мақсатында облыс әкімі өткен жылы 46 млн. 517 мың теңге бөлсе, бұыл оның мөлшері 48 млн. теңгеден асқан. Ал, әлеуметтік маңызы бар жобаларға 15 млн. теңге қарастырылған. Облыстық «Жасыл ел» штабының жетекшісі Төлеген Кенжебеков бұл бағытта атқарылып отырған тыңғылықты істермен танысып, белсенді жастар мен жастар ұйымдары арасындағы қарым-қатынасты дамыту жөнінде ой бөлісті.

Тағы бір жаңымды жаңалық ретінде Елбасының жас білімгерлерге жасап отырған мейірімдерін атап айтуға болады. Бұл туралы насихат тобының құрамында болған І. Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетінің құқық тық-ұйымдастыру бөлімінің бастығы Болат Сариев кездесу барысында тұрғындарға түсіндіріп өтті. Атап айтар болсақ, алдағы жылы Президент жоғары оқу орындарының ақылы бөлімінің 3-4 курсында оқитын жігіт, жарты ай жігіт, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлайда оқуда үздік11 мың студентке білім гранты тағайындады. Сонымен бірге жаратылыстану, техника және медицина мамандығы бойынша білім алып жатқан 40 мың студентті төмендетілген несиемен оқыту қарастырылған. Бұл студенттердің жақсы білім алуына мүмкіндік беретін қа, Осыған орай, облыс әкімі Серік Үмбетов 200 студентке білім гранттын белгенеен бермез қабылдармыз. Оның 116-сы І. Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетінде оқуда Сонымен бірге, облыс әкімі алдағы жылдан бастап аталған университеттің колледжіне тағы да 100 білім грантын тағайындауды көздеп отыр. Университет ректоры Өбдәмелен Бектұрганов та 20 студентке грант белген. Осы жасалған жақсы жағдайлар жас білімгерлердің сапалы білім алуына жол ашады. Десе де, талапкерлердің мамандық таңдауын ақсап жататынын да бар. Өңгаве барысында, бұл туралы пікірлер де қозғалды.

Орине, қос ауданды ең күнделікті шаруа барысында үгіт-насихат тобы оншақты кездесу өткізіп, тұрғындарға Елбасы Жолдауының айқын бағыттары түсіндіріді. Саясат та, экономика да, өнер мен медицинеге сараланды. Сонымен бірге, жергілікті тапан-тәсектері де ескеруге қалған жоқ. Шара барысында Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның өнділері Шолпан Мойтанова, Серік Төлеутаев, Бейбіт Мұсаев ауыл тұрғындарына өз өнерлерін тарту етті.

●ӘДІЛЕТ

Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеуден бас тарту

Қазіргі таңда халыққа қызмет көрсету орталықтарында мүлікті тіркеуге байланысты көп жеңілдіктер жасалған.

Айталық, облыстық әділет департаментінің жарты жылда 81 – мың жылжымайтын мүлік мемлекеттік тіркеуден өткен, ал мемлекеттік тіркеуден бас тартылған құжаттар саны – 35 болып отыр. Бұл 33 құжат облыстық әділет департаментінде орналасқан, ҚР «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және оның мемлекеттік тіркеу туралы» Заңының 31-бабына сәйкес, мемлекеттік тіркеуден бас тартылды. Себебі әрқайсысында мемлекеттік тіркеуге ұсынған кезінде құжаттың түпнұсқасы жоқ болғандықтан мемлекеттік тіркеуден бас тартылады.

Есептесек, ұсынылған мемлекеттік тіркеу өтінішінде өзін-өзіне деп шарттастырылған құжаттар көпшілікті құрайды екен. Жоғарыда аталған мемлекеттік тіркеуден бас тартылған құжаттың ішінде мүлікке құқықтарды тіркеуге жол бермеу үшін чұжат болса мемлекеттік тіркеуден бас тартылмақ.

Жылжымайтын мүлікке құқық қорғау органдарымен тыйым салынған және мүлік жөні келіп шығуы негізінде мүлікке ешкімнің құқығы болса мемлекеттік тіркеуден бас тартылады.

Сонымен, ұсынылған мемлекеттік тіркеу өтінішінде өзін-өзіне деп шарттастырылған құжаттар тізімінде мұрагерлік құқығы мен мағұлы бойынша мүлікке құқықтарды қалыптастыруға мүдделі заңды және жеке тұлғалар транзакциялық, техникалық кеңестерге жол бермеу үшін чұжат болса мемлекеттік тіркеуден бас тартылмақ.

Осыған байланысты, жылжымайтын мүлікке қатысты құқықтанушы техникалық және идентификациялық құжаттарды дайындау кезінде заңды және жеке тұлғалар грамматикалық, техникалық кеңестерге жол бермеу үшін чұжат болса мемлекеттік тіркеуден бас тартылмақ.

А. РАЙЫМҚҰЛОВ,
облыстық әділет департаменті жылжымайтын мүлікті тіркеу бөлімінің бас маманы.

Жем-шөп дайындау

Үстіміздегі жылы қыстан облыстағы төрт түлікті аман әрі қоңды алып шығу үшін қажетті деп есептелген жемшөптің мөлшері төмендегідей: барлығы 1532,0 тонна шөп, 75,0 тонна пішендеме дайындалуы керек. Осы алғашқы күнге дейін жоғарыда көрсетілген қажетті 1532,0 тонна шөптің тең жартысынан астамы орылып, жиналып, тиісті жерлерге жеткізілге қойылды. Аудандар арасында шөп өзірлеуден Ақсу, Жамбыл, Қарасай, аудандары мен облыстық бағыныстағы үш қаланың аты басқалардан озып түр.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ №81(17207) сенбі, 18 шілде, 2009 жыл ■ Бағасы келісімді

Жетісу жерінде

Мынау жарық түнеле адамдарға жақсылық жасағаннан артық емтене жоқ. Жетім мен жесірге, қамқорлыққа зәру отбасы-тарына жасалар шараның орны бөлек.

Ізгіліктен із қалар

ҚЫРЖАНСАЛТҰЛЫ, "Жетісу"

«Үміт үйі» қайырымдылық қорының қонағы, оның Райымбек ауданындағы өкілі Бисахов Мұхаметалы Әкімбекұлы ғаухы өңірде бықтырдан бері ізгілікті де игілікті істерің жалғастырушы. Жақында осы Қорқара ауылында қайырымдылық акциясы өткізіл. Қамқорлыққа зәру отбасыларына киім-кешек тарту етті. Бұдан бұрын Кеген ауылындағы үш орта мектептегі осындай отбасыларның балаларына жеңілдік көрсетті. Спорттық жарыстар үшін демеушілік жасады. Кеген ауылындағы аз қамтылған отбасыларға киім-кешек, жүре алмайтын екі адамға мүгедектерге арналған арба сыйлады. Бимағы аталар мерекесінде 80 аралықты шапа сыйсапталарын көрсетті. Шұғырлы мерекесінде өз тарихының қазақ үй тігіп, ақ дастарханда-рын жайды. Аталған қайырымдылық акциясы деген ел алғысы болек.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

●ҚЫЗЫЛШАШЫЛАР СЕМИНАРЫ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МҮМКІНДІГІ ЗОР

«Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының бастамасымен Ақсу ауданының орталығы Жансүгіров кентінде қызылша шаруашылығы саласында қант қызылшасы өндірісін одан ары өркендету мәселелеріне арналған облыстық семинар-кеңес болып өтті. Бүгінгі күнің өзекті мәселелері қатарына жатқызған тақырыпқа орайластырылған басқосуға облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының жетекшілері мен мамандары, аудан әкімдері мен олардың орынбасарлары, ауыл шаруашылығы жөніндегі мамандары, осы мәселе төңірегінде жұмыс істейтін ғалымдар, қызылша өсіретін ауылшаруашылық құрылымдары басшылары қатысты.

Семинар-кеңес өз жұмысын 20 гектар жердегі қант қызылшасын үлдір астында өсіретін жаңа технологиямен күтіп-баптап отырған «Ди-Нұр» шаруа қожалығының егістік алқабында бастады. Осы жерде аталған шаруа қожалығының жетекшісі Сағдат Жаңабекова жаңа технологияның ерекшелігі мен артықшылығы жайында облыстың ер аймағынан жиналған өріптестеріне өңгімелеп берді. Қант қызылшасын өсірушілерді бірінші кезекте тәтті түбірді өсірудің үлдірлі нұсқасын қолдануда басты міндет атқаратын техника қызықтырды. Қарап отырсаң, күрделі ештеңе жоқ. Шағын трактор мен үлдір орамы бекітілген шағын тұқым сепкіш болса жетіп жатыр. Себу барысында аралық қатары 50 см. болатын екі қатар бойынша үлдірдің шеттерімен тесіктер арқылы белгіленген қашықтықта топыраққа тұқымның екі немесе үш дәні орналастырылады және үлдірмен жабылады. Топыраққа жинақталатын ылғал үлдірмен мұқият бүркеледі және сонымен бір мезетте қатараралықтағы барлық арамшөпті тұмшалап тастайды.

Семинар өткен алқаптағы осындай жаңа технологияның қолданылуы өнімнің дұрыс қалыптаса бастауына бірден өзінің жағымды әсерін тигізгені байқалып тұр. Жиырма гектардың барлық белгісінде өзінің мерзіміне сай жапырақтары жайқала өсіп, талапқа сай дұрыс қалыптаса бастаған тамыр-жемістер орналасқан. Арамшөп мүлде жоқ. Сынақтан өткізу үшін осы алқаптағы шағын ғана жер телімінде тура сол «ҚазСиб-14» сорттындағы қант қызылшасы үлдірсіз өсіріліп жатыр екен. Мұндағылар өзінің дамуы мен жағдайы бойынша үлдір астындағы тектестерінің шыңына да ілесе алмай қалыпты. Тәжірибелік жұмыстардың соңына таман ақсұлықтар алдын ала дайындалған шағын жер телімінде үлдірді қолдана отырып, тұқым себу үрдісін көрсетті.

Жұртпен бірге барлығын өз көзімен көріп, жоғары бағасын берген облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков:

– Үлдір – қант қызылшасын күтіп-баптаудағы сапалы жаңа кезең. Ол – топырақтың құнарлылығын арттыра отырып, еңбек пен ресурсты аз қажет етіп, мол өнімге кепілдік береді, – деді.

Семинар-кеңестің пленарлық отырысы аудандық Мәдениет үйінде өтті. Мұнда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басты-ғының орынбасары Сейітқерім Қалтаев облыстағы қызылша шаруашылығының бүгінгі жай-күйі мен болашақтағы даму мүмкіндігі жайлы егжей-тегжейлі баяндама жасады. Оның айтуына қарағанда, облыста қант қызылшасын өсірумен барлық меншік түрғысындағы 1000-ға жуық ауыл шаруашылығы құрылымдары айналысады. Соңғы жылдары аталған техникалық дақыл 12,5 – 14,4 мың гектарға орналастырылып келеді. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары облыста қант қызылшасының 45 мың гектарға дейін себілгенін ескерсек, бүгінгіміз тым аз көрінетіні де шындық. Облыс тұрғындарының қантқа деген жылдық сұранысы 24142 тонна құрайды, оның ішінде бір адамға жылына 14,7 келе қанттан келеді деп есептелген. Осы көлемнің 42,8 пайызын өзіміздегі өндірістің күшімен жалсақ, қалған 57 пайызын сырттан әкелінетін қаптпен толтырып келеміз. Биыл облыста 14,4 мың гектарға тәтті түбір себілген. Қант зауыттары мамандарымен бірлесе отырып жүргізілген саралау жұмыстары қорытындысында анықталғандай, облыс бойынша қызылшашылар 346 мың тонна фабрикалық қызылша алса, оның 60-70 мың тоннасы – Алматы аймағына, 150-160 мың тоннасы – Көксу ауданына, 100 мың тоннасы – Сарқан мен Ақсу аудандарына тиесілі болмақ. Алайда, жоғарыда айтылған көлемге қол жеткізу үшін орташа өнімділік гектарына 300 центнерден айналуы керек.

Мемлекет пен облыс әкімі тұтастай алғанда қант қызылшасын өсірушілерге айтарлықтай қаржылық және материалдық көмектер көрсетіп отыр. Нақтырақ айтқанда, биыл жер игерушілерге республикалық бюджеттен көктемгі дала жұмыстары мен күзгі жиынтерінді жүргізуге – 1409 млн. теңге , минералдық тыңайтқыштардың құнын арзандатуға – 520,5 млн. теңге, тұқым шаруашылығына дамытуға – 415,5 млн. теңге, суаруға қажетті суды беруді арзандатуға – 425 млн. теңге бөлінеді. Сонымен бірге сапасы жоғары тұқым өсіретін шаруашылықтарға облыстық бюджеттен тағы 102 млн. теңге қарастырылған. Қызылша өсірушілердің егістікке кеткен шығынын өтеу үшін қант қызылшасының әр гектарына 40 мың теңге көлемінде субсидия төленеді. Осылардың барлығы қант қызылшасы егістігінің көлемін көптеп қана қоймай, оның өнімділігін де барынша арттыруға және мол түсімге қол жеткізуге жол ашуға тиіс. Осыған байланысты қазылша өндірісіне үлдірді пайдалану сынды жаңа технологияларды батыл енгізу керек. Жалпылықтың жақсылығы көп екендігіне семинарға қатысқандардың барлығының көзі жетті.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары қант қызылшасын өсірушілер мен тәтті түбірді қайта өңдеуден өткізушілер арасындағы байланыста нығайтудың маңыздылығына да айрықша тоқталды. Үстіміздегі жылы осы мәселеге қатысты бірқатар кездесулер ұйымдастырылыпты. Соның нәтижесінде шикізатты сатып алу бағалары бойынша ортақ келісімге қол жеткізілген көрінеді. Мәселен, 1 келі қанттың бағасы 120 теңге деп алғанда, зауыт 1 тонна қант қызылшасы үшін 7500 теңге төлесе, қанттың 1 келісінің бағасы 134 теңгеге көтеріле қалса, тиісінше 1 тонна тәтті түбір үшін 8500 теңге береді.

Ақсу және Сарқан аудандары қызылшашыларының өткен жылғы жұмыстарына талдау жасау барысында олардың жұмысында орын алған кемшіліктердің себептері атап көрсетілді. Биыл аталған екі ауданның алдында тұрған міндет – өсірілген өнімнің толығымен қайта өңдеуге өткізілуіне қол жеткізу.

Ақсудағы қант зауытын жұмысқа қосу әлі шешімін табар емес. «Азия-Сахар» АҚ-мен екі арада зауыт жанынан қызылша қабылдау пункті мен зертхана ашу және оларға қосымша шикізатты қайта өңдеуге жеткізетін автокөлікпен қамтамасыз ету жөнінде келісім әлі жасалмапты.

Қызылша шаруашылығын одан әрі дамыту, жаңа технологиялар енгізу, қызылша өсірушілердің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері бойынша Ақсу ауданының әкімі Ө. Дүйсембаев пен Сарқан ауданының әкімі С. Бекішов, «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы партиялық комиссиясының төрағасы Ж. Жексембінов, «Азия-Сахар» АҚ президенті А. Абдрахманұлы, есімдік қорғау ҒЗИ профессоры А. Мауи, «Қабырғатал» ӨК төрағасы М. Зиянданов, "Нұр Отан" ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А. Сейітов және басқалар пікірлерін ортаға салды. Семинар-кеңесті облыс әкімінің орынбасары Т. Досымбеков қорытындылады.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

АҚСУ АУДАНЫ.

●АУДАННЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

АСПАНТАУЛАР АЯСЫНДА

Осымен тертінші рет өткізіп жатқан мәдениет күндері аясындағы іс-шараға Аян Айтжанұлы бастаған ел азаматтары мен аудан жұртшылығы аса ықдағаттылықпен дайындалып келгендігін көрсетті. Мәдени мұра бағдарламасынан бастап, бүгінгі күндегі қол жеткен жетістіктер мен алға қойылған мақсаттары да көңіл толтырарлықтай. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов Райымбек ауданынан келген делегацияны арнайы қабылдап, орамды ой, келелі пікірлерін ортаға салды. Еліміздің өркендеуінен бастап, облыстың өркендеуі мен аудан төңірегінде атқарылып жатқан іс-шаралар сол күнгі өңгіменің басты тақырыбына айналды.

(Мәдениет күні жайлы толық есепті газетіміздің келесі санының оқи аласыздар)

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

АПТА ТЫНЫСЫ

14 шілде күні облыс әкімі Серік Өбіжанұлы Үйғытов жұмыс сапарымен Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарында болып қайтты.

* * *

15 шілдеде облыс басшысы Серік Үйғытов Көксу ауданының жаңадан тағайындалған әкімі Мұрат Жақыбекұлы Әсербаевты аудан активімен таныстырды. М. Әсербаев бұған дейін Алматы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарған.

* * *

Сәрсенбі күні облыс әкімінің орынбасары Тоқтағазы Досымбеков Ақсу ауданында қант қызылшасын байланысты өткізілген «Аграрлық сектор – «Нұр Отанның» басты назарында» атты семинар-кеңес жұмысын ашқысты.

* * *

Алматы облысында тұратын Қазақстан Жазушылар одағы және Композиторлар одағы мүшелерінің тоқсан сайын өткізілетін дәстүрлі шығармашылық кездесулері 16 шілдеде Талғар ауданында өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Мұхашев төрағалық етті.

* * *

Жұма күні аудан күндері аясында Талдықорған қаласына келген Райымбек ауданының делегациясын облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов қабылдады.

* * *

Бүгін «Жол картасын» жүзеге асыру бойынша облыстық штабтың кезекті отырысы өтеді.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Алматы облыстық әділет департаменті Талдықорған қаласының халыққа қызмет көрсету орталығында 2009 жылдың 21 шілдесінде сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін «Ашық есік» күнін өткізеді. «Ашық есік» күні Сіздердің сұрақтарыңызға әділет департаменті қызметкерлері жауап береді.

●«ЖОЛ КАРТАСЫ»

СӨЗ БЕН ІС БІР АРНАҒА ТОҒЫССА

Елбасының «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Жолдауындағы басым бағыттардың бірі – елімізідің әлеуметтік, экономикалық жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөлінгенін атап айтуға болады. Бұл бағытта атқарылып жатқан тыңғылықты шараларды біреткей – «Жол картасы» бағдарламасы. Аталмыш бағдарлама аясында облыс аумағында жолдар жөнделіп, көпшілік көріктенің, елді мекендер жарықтандырылып, жасыл желекке бөленуде. Мыңдаған жұмыс орыны ашылып, тұрғындардың ертеңгі күнге деген сенімі нығайды. Бір сөзбен айтқанда, қолға алынған игі жұмыстар адамды қуантарлық дәрежеде.

Ақсу ауданында «Жол картасы» бойынша 202 адам жұмысқа тартылған. Әлеуметтік жұмыс орындарына 260 адам жіберіліп, олар екі қолға бір жұмыс тапқан. Жоспар бойынша бөлінген 23402.0 мың теңге қаражаттың 3901.0 мың теңгесі тиісті орынға жұмсалған. Ал жастар практикасымен 80 адам еңбекке орналастырылып, 300.0 мың теңге көлемінде қаржының игерілгені көңілге демеу. Сонымен бірге бүгінгі күнде 10 мамандық бойынша 83 адам кәсіби оқуға жіберіліп, жаңа мамандықтың құры мен сырын меңгеру үшін білім алуда. Осыған орай, бағдарлама бойынша пайдалануға берілетін өлеуметтік нысандар мен объектілерді партиялық бақылау посттары мен жауапты мүшелері бекітіліп, қадағалау жұмысы тыңғылықты атқарылуда. Бұл бағытта сырттан келген жұмыс күшің орнына тұрғылықты халықты тарту жөніндегі облыс әкімінің тапсырмасы назарға алынған.

Кедо-бұдыры қыныласыны кәп жол қашында экономикалық ерекше кедергі болатыны анық. Мине, осы мәселені шешу мақсатында аудан әкімдігі Жансүгіров кентіндегі жолдарды ағымды жөндеу жұмысын қолға алды. Бағдарлама аясында 25 жұмыс орны ашылып, жұмыс жоспарлағандай жүріп келеді. Ал, Дингек, Ақсу, Қызылтаң, Қапал, Қаракемер, Сағабүйен ауылдарындағы жолдарды орташа жөндеуден өткізу уақытында аяқталады деп күтілуде. Дейтұрғанмен, бұл жоспарды толығымен орындау үшін 129 жаңа жұмыс орны ашылу қажет болса, қазіргі таңда 43 жұмыс орны құрылып, 43 адам жұмыспен қамтылған. Жалпы, жоп құрылысқа 53192 мың теңге игерілп, жоспар 33.3 пайызға орындалған. Жол жөндеу жұмысы «Талдықорған жолдары» ЖШС тарапынан атқарылуда. Есеболат атындағы орта мектеп пен аудан орталығындағы «Қарлығаш» балабақшасындағы күрделі жөндеу жұмысы да қарқын алуда. Жоспар 60.7 пайызға орындалған. Жансүгіров кентін абаттандыру мен көгалдандыру, жарық түсіру жобасының жұмысы «АЛ-ЖЕ-ТЭН» және «Сервис-плюс» ЖШС-терине жүктелген. Мұнда 45 адам жұмысқа тартылып, абаттандыру жұмысына бөлінген 32899.0 мың теңге қаражаттың қазіргі күнде 19870.0 мың теңгесі игерілп, жоспардың 62.5 пайызын орындап үлгеріп. Өзге де жоспарлар өз деңгейінде жүргізуде.

Сарқан ауданында «Жол картасын» жүзеге асыру бағытында республикалық бюджеттен 98484 мың теңге, жергілікті бюджеттен 64981 мың теңге бөлінген. Соның ішінде, облыстық бюджеттік бағдарлама аясындағы арнымы 62.5 млн. теңге, жергілікті бюджеттік бағдарлама аясындағы арнымы 101.0 млн. теңге бөлінп отыр. Осы қаржының толық игеріп, көзделген жоспар ойдағыдай орындалуы үшін 224 адам жұмысқа тартылуы керек еді. Бүгінгі таңда 179 адам осы кәсіптен несібін тауып жүр.

Анықталғы жылы аудан орталығынан жұмыссыздарға өлеуметтік қолдау көрсету мақсатында «Демеу» орталығы ашылып, өз жұмысын нәтижелі жүргізіп келеді. Оның мақсаты – бос жұмыс орындарын анықтап, еңбек нарығы бойынша мәліметтер жинау, азаматтарға кеңес беру және компьютер бағдарламасына мәліметтер енгізу. Мине, осындай жан-жақтылы ұйымдастырудың нәтижесінде елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыруға 30.0 млн. теңге бөлініп, 50 адам, аудан жолдарын ағымды жөндеуге 30.0 млн. теңге бөлініп, 17 адам жұмыспен қамтылып, еңбегінің жемісін жууде. Сонымен бірге ауданда қыр күйеніне дейін 7 бөлім ошаңы күрделі жөндеуден өтуі тиіс. Қазіргі күнде Қарғалы ауылындағы Мұхамеджан Тынышпаев атындағы орта мектебінің жұмысы қарқынды жүруде. Жөндеу жұмысына 41.0 млн. теңге қаржы қаз тартылып, 82 жұмыс орнын ашу жоспарланған еді. Ондағы шаруаны 21 ауыл тұрғыны атқаруда. Келесі кезекте облыстық маңызы бар жолдарды орташа жөндеуге 62.5 млн. теңге қарастырылып, 55 жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Иә, «Жол картасын» бағдарламасы аясында жұмыс іздеушілердің талабы қанағаттандырылған. Дәсе де, қолбайлау болып тұрған жайлар да жоқ емес. Оның басты себебі – қаржы қазі, жұмыс орны жеткілікті қарастырылғанмен жұмыс күшінің тапшылығы үрген кәтердің үлгері басуына кері ықпал етуде. Мұның бір ұшы әлеуметтердің еңкөрлігінің жатқаны тағы бар. Дегенмен, бағдарлама науқандық, бағыт алмай, сөз бен іс бір арнаға тоғысып, тұрғындар жұмыла жұмысқа кіріссе, дағдарыстан дағдармай шығарымызға сенімміз кемел.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

АҚСУ, САРҚАН АУДАНДАРЫ.

●ЖЕР СІЛКІНГЕН ӨҢІРДЕН

ЖӨНДЕУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ

жұрт көңілінен шығып отыр

Біз Текелі қаласына атбасын тіреткенде кеншілер шаһарының әкімі Серікжан Бескемпіров мырза қасына әкім аппаратына қарасты қызмет салаларын басшыларын алып қала тұрғындарын жеке мәселелерімен қабылдап отырған екен. Қабылдаудың жеке кабинетте емес, үлкен жиынжайда, көпшіліктің көз алдында ұйымдастырылғанын көріп, жарты сағат болса да қатысып, не айтылғанын байқауды жөн көрдік. Қабылдауға келгендердің басым бөлігін әлзаладан зардап шеккендер құрайтыны бірден сезілін тұрды. Көбі бала-шағасы басқа жерлерде тұратын, өздерінің шамалары жөндеу жұмысына келе қоймайтын қартәр мен жалғызілікті жандар. Олардың барлығының өтініштерін мұқият тыңдаған әкім шешілетін мәселелер мен жігдайларға байланысты сол жерде тиісті басшыларға нақты тапсырмалар жүктеп, алдына келгендердің көңілін бірлеп отырды. Сонымен бірге, өтініштің де белгілі шегі болатынын есінде ұстаған басты кейбір азаматтардың жөнсіз талаптары мен ретсіз шағымдарына орынды әрі байыпты жауап қайтарды.



Бір уақыт біздерге де көпіл аударын, келген шаруамыздың ілгізалдан кейінгі калада қолға алынған жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарының жай-жағдайын білу екенін естісімен, жарты сағатта оны егжей-тегжейлі баяндап, айтып берді. Содан кейін қасымызға орынбасарын қосып, атқарылып жатқан жөндеу жұмыстарын өз көзімізбен көріп келуге ұсыныс жасады. Біздер де әкімнің айтқанын құп көріп, жер сілкінісі салдарынан құраған тұрғын үй орамдары мен №1 орта мектепті, қартәр мен мүгедектер интернат-үйін және тағы басқа нысандарды аралап, олардың бір қатарында жұмыстардың ықталғанын, тағы біреулерінде әлі жалғасын жатқанын көрдік. Дегенмен, жұртшы негізгі бөлігі атқарушы билік тарапынан атқарылып отырған жұмыстарға алғыстарын арнап жатқандарымен, жекелеген жағдардың жоғарыға жеткізе алмай жүрген арыз-армандары да бар болып шықты. Қалай болғанда да, табиғаттың төтенше оқиғасынан келген зардаптарды тұрғындардың мойындарына арта салмай, жөндеу жұмыстарын өз күштерімен жүргізе алатындарға құрылыс материалдарын жеткізіп берген, шамасы жоқтардың үйлерін қалпына келтіруге арнайы бригадаларды жалдауға дейін жарлемлесін отырған қала әкімдігі жанынан құрылған штаб жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Ал жүздеген адамның көпілін табу деген әрқашанда қиын шаруа екені анық.

Болат АБАҒАН,
"Жетісу"

14 маусым күні қала әкімінің өкімімен содан бір күні бұрын болған жер сілкінісі зардаптарына байланысты туындаған мәселелерді қарайтын қалалық штаб құрылған болатын. Қалалық әкімдік ғимаратында орналасқан штабқа негізінен әкімнің орынбасары Геннадий Савинов жетекшілік еткенімен, оның жұмысын қала басшысының өзі де күнделікті бақылап отырады. Тұрғындарға штабпен байланыска шығу үшін арнайы телефон (4-49-77) орнатылғаны хабарланып, әкімдікке аяғы жеткей жатқандар сол телефон номірі арқылы байланыска шығып, өтініштерін жеткізіп жатады екен. Зілзаладан соң іле-шала «ҚазНИИССА» директоры М. Әшімбаев бастаған осы институттың қызметкерлері, ҚР Білім және ғылым министрлігі «Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедиция» ММ директоры Т. Абаканов бастаған аталған мекеменің мамандары келіп, қала бойынша үлкен зардап шеккен Сәтпаев көшесіндегі үйлерді, мектепті, карттар мен мүгедектер интернат-үйін, тағы басқа да нысандарды зерттеуден өткізді. Осы мамандардың және арнайы комиссияның анықтау жұмыстарынан соң тұруға жарамайтындықтан бұзылатын үйлер мен тұрлі деңгейдегі жөндеу жұмыстарын қажет ететін нысандар мен тұрғын-жайлар анықталды. «Стромтель» ЖШС, «Қаумдастық» ЖШС, «АST-2005» ЖШС, «Талдықорған – Пирамида» ЖШС сынды құрылыс фирмалары сот шешімімен коммуналдық меншікке қайтарылған пәтерлерді жөндеуге кірісті. Осы құрылыс фирмалары қалпына келтірген пәтер үйлері тұруға жарамсыз болып қалған тұрғындарға беріледі. Ал күрделі жөндеуді қажетсінетін мектеп, интернат-үйі, Спорт сарайы, сүзгіден өткізу станысесы сынды нысандар мен үйлерді қалпына келтірумен «Жөндеу-Құрылыс» ЖШС, «СМР» ЖШС, «Шыммұр» ЖШС, «Алматыинжстрой» ЖШС сынды аттары алысқа мәлім құрылыс ұйымдары айналысуда.

Тез арада құрылған 15 жұмысшы топ зілзала кесірінен зардап шекті деліметін тұрғын үй орамдарын зерттеуден өткізді. 700 үй тексеріліп, олардың ішіндегі 20 үйде тұратын отбасыларға құрылыс материалдары жеткізілін, жұмыс күшімен де көмек жасалды. Жеті үй (72 пәтер) бұзылуға жатқызылды, оларда тұратын отбасылар жоғарыда айтылған коммуналдық меншікке алынған пәтерлер жөнделген соң соларға көшіріледі. Тағы 10 үй (12 пәтерлік үш үй, 4 пәтерлік бес үй және 8 пәтерлік бір үй мен бір коттедж) күрделі жөндеуден өткізілуде. Атқарылатын жұмыстарға қатысты төрт жобалаушы ұйыммен коммуналдық меншік нысандары мен тұрғын жайларды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының жобалары жасалыпты.

Осының алдында жазғандарымызда келтіргендей, Текелі қаласындағы зілзала зардаптарын жоюға облыстық бюджеттен 393 млн. теңге бөлініп, оның 180 млн. теңгесі № 1 орта мектепті, 8,5 млн. теңгесі қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйін, 6 млн. теңгесі Спорт сарайын жөндеуге қарастырылса, 10 үйді қалпына келтіруге 35,6 млн. теңге жұмсалмақ. Осы аптаның сәрсенбісіне дейін қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйі мен Спорт сарайындағы жөндеу жұмыстары аяқталып, қартайған шақтарында қазынаның үйін паналап отырған үлкен кісілер мен спортты серік еткен сергек жандар қуанып калды. Мектепті жөндеп жатқан құрылысшылар күрделі жөндеуді белгіленген уақыттан (25 тамыз) бір аптадай ерте аяқтаймыз, балалардың оқу жылын мерзімінде бастауына ешқандай кедергі болмайды деп отыр. Ал күрделі жөндеуге жатқызылған үйлердің тұрғындар үшін есігін айқара ашатын күні ретінде 15 тамыз белгіленіпті. Мұндағы құрылысшылар да белгіленген мерзімнен кешікпейтіндіктерін батыл түрде мәлімдеп отыр.

(Соңы 2- бетте).

●ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

ОТАНДЫҚ ӨНІМ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУҒА ТИІС

Қазір «Нұр Отан» ХДП-ның араласпайтын саласы жоқ. Аталмыш партияның кезекті тыс XII съезінде қазіргі дағдарыс кезінде халықтың әл-ауқатын көтеруде атқарылатын басым бағыттар анықталып, инновациялық, индустуриялық даму жолдары көрсетілді. Сондықтан партия халықпен бірлесе отырып, тыңғылықты жұмыс жасағанда ғана бұл міндеттер толық орындалады. Сонымен бірге, съезде Елбасы агрошаруашылық кешенге тоқталып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен экспортты ар тарапталырудың шешуін кажеттілігін баса көрсеткен еді. Тиянда «Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалының ұйымдастыруымен қала әкімдігінде өткен «Отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты тәжірибелік конференция съезде алға қойылған міндеттердің орындалуына партия тарапынан қолдау көрсетуге бағытталды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Аталған іс-шараға партияның саяси кеңес мүшелері, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының қызметкерлері, партиялық бақылау комиссиясының мүшелері мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және экономистер, шағын және орта бизнеспен айналысып жүрген кәсіпкерлер қатысып, ортақ тақырыпты қозғады. Жиналысты «Нұр Отан» ХДП-ның Талдықорған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әсия Ахметова ашып, жүргізіп отырды.

Алдымен жиналыстың күн тәртібін көпшілікке түсіндіріп өткен Әсия Тұрсынқызы келесі кезекте баяндамашыларға сөз берді. Алдыңғылардың бірі болып, мінберге көтерілген «Жер Су Пауер» ЖШС директорының орынбасары Әріпхан Әубакіров өз тарапынан өндіріліп жатқан өнімдердің отандық өндірістегі орны мен экспорттау барысынан толық мәлімет беріп өтті. Баяндамадан білгеніміздей, бүгіндері елімізде өндірілген автомобиль жабдықтарына деген сұраныс артып келеді, алайда, кәсіпорын, зауыттардың көбі жаңа технологиямен толық жабдықталмағаны ғана қолбайлау болып тұрғаны бар. Осыдан кейін сөз кезегін алған "Қазақстан ауылшаруашылық және жерді өңдеу ғылыми зерттеу институты» ЖШС Талдықорған қалалық филиалының орынбасары Керімтай Қонысбеков еліміздегі жерді өңдеудегі артықшылықтар мен кемшін тұстарға тоқталды. Оның айтуынша, қазіргі таңда еліміздің жер өңдеу мөлшері 33 пайызға орындалып отыр. Ал Қазақстан бидай импорттауда әлемдегі алдыңғы орында тұрғанын ескерсек, қара жердің танабын асыра өңдеу халықтың әл-ауқатын арттыруға сеп болмақ. Тек астық дақылдарының сапасына кепілдік ете алсақ жақсы.

Алматы облыстық «Агамекен» одағының басқарма мүшесі, жеке кәсіпкер Александр Селюнин аталған өлқаның кәсіпкерлікті дамытудағы тың жобаларымен таныстыра келіп, шағын және орта бизнесті дамытудағы жеке ойымен де бөлісті. Жиналыста көтерілген тағы бір толғақты мәселе – халықтың денсаулығын сақтау саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар болды. Жасыратыны жоқ, кәзір көше бойында нан тірескен дәріхана болғанымен, сатылып жатқан дәрілердің дені шет елден әкелінген. Олардың бағасының қалай екені қалың қауымға жете таныс. Тарихта емхана салмай-ақ, таза табиғаттан ағзасын емдеп, жүз жасаған қазақтың бүгінгі ұрпағының осы мүшкіл халіне ойланбай тұра алмайсың. Денсаулық сақтау саласындағы артықшылықтар мен кемшіліктер жайын фармацевтикалық бақылау комитеті Алматы облысы бойынша департаменті директорының орынбасары Зәмзагүл Бекқалиева мен облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бөлім басшысы Гаухар Қатқенова сарапқа берді. Ал, «Бастауыш Инвест» ЖШС директоры Алмазбек Садырбаев өз саласының бүгінгі жағдайын түсіндірді.

Көпшілік ортасында пікірталас ұйымдастырылып, түскен сұрақтарға нақты жауап берілді. Жиналыстың «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдіқадыров қорытындылап, жиналыска қатысқандарды Елбасы Жолдауы мен партия съезінде алға қойылған басым бағыттардың толық орындалуы үшін бірлесе жұмыс жасауға шақырды. Ортаға түскен ой-пікірлердің ескерілетінін айта келіп, мұндай басқосудың алдағы күнде де жалғасын табатынын білдірді.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ №90 (17216) сенбі, 8 тамыз 2009 жыл ■ Бағасы келісімді

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Құрмет білегі құрылысшыларымыздың кәсіби мерекесі облысымызда лайықты өтілып, оған орналған салтанатты жиын І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтті. Облысымыздың әр түкпірінен келген құрылыс салаcы мамандарын облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов құттықтады.

Алма ЕСЕНБАЕВА, "Жетісу"

– Ел экономикасының негізгі даму көрсеткішінің бірі құрылыс саласының өркендеу деңгейі болып табылады. Сапалы-экономикалық тұрақтылық болған жерде тұрғын үй, өнеркәсіп салаcының құрылысы дамып, халықты баспанамен, жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі шешімін табады. Осындай жұмыстың алдыңғы шебінде жүрген құрылысшыларды кәсіби мерекесімен құттықтаймын, – деген Амандық Ғаббасұлы бұдан соң облысымыздың экономикалық даму деңгейі мен құрылыс нысандарының салыну жайына тоқталып өтті.



Сөзге 7 айдың көрсеткіші бойынша салынған тұрғын үй көлемі 430 мың шаршы метрді құрайды. Бұл өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 106,8 пайызға артық. Осының негізінде өнеркәсіп саласында 27 нысан іске қосылған. Облысымызда республикалық және облыстық бағдарлама бойынша тұрғын үй салу сәтті жүзеге асуда. Оның ішінде әлеуметтік нысандар – мектеп, балабақша, ауруханалар салынып, коммуналдық шаруашылық, мәдениет, спорт және басқа да салалар дамуда. Бұл бағдарламаларды жүзеге асыру үшін республикалық және облыстық бюджеттен 24 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінген. Елбасының "100 мектеп, 100 аурухана" бағдарламасын орындауда да облысымыз республика көлемінде алдыңғы деңгейден көрінуде. Өткен жылы 10 мектеп пайдалануға берілсе, биыл да 10 мектеп, 4 балабақша және 4 аурухананың құрылысы жүргізілуде. Облыс бойынша 269 нысан жобалау және құрылыс салу сатысында тұр.

Салтанатты шара барысында облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов құрылыс саласында елеулі, нәтижелі еңбек еткен бірқатар азаматтарды облыс әкімшілігінің Құрмет грамотасы және "Алғыс" хатымен, бағалы сыйлықтармен марапаттады. Сондай-ақ, өз ісінің шебер мамандары "Қазақстанның Құрметті құрылысшысы" атағы мен министрліктің Алғыс хатына қол жеткізді.

Бүгінде мемлекеттік пен үкіметтік емес ұйымдардың қарым-қатынасы принципті жаңа деңгейге көтерілді.
Н. НАЗАРБАЕВ.

ҰЙЫМДАСА БІЛГЕН ЕЛ ҰТАДЫ

Кеше Талдықорған қаласындағы Дәстық үйінің үлкен мәжіліс залында Алматы облысындағы үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) форумы болып өтті. Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен өткен шараның басты мақсаты: мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ-дың берік байланысын қалыптастыру және қоғамдағы демократияландыру бағытындағы олардың мүмкіндіктерін пайдалану. Соның өзімен бірге республикалық азаматтық форумға дайындық жұмыстарын жүргізу және делегаттарды сайлау болып табылады.

Жұматай ӘМІРЕЕВ, "Жетісу"



Форумға облысымыздағы барлық ҮЕҰ-ның, саяси партиялар және өртүрлі мекеме басшылары қатысты. Форум жұмысы әр ауданның өздері дайындап келген көрнекі тақталарды тамашалаудан басталды. Арнайы жасалған тақталардан олардың бүтінге дейінгі атқарылып жатқан жұмыстары толықтай қамтылғанын көруге болады. Бірақ кейбір аудандардан келген ұйымдардың өз жұмысын салғырт қарағандары үшін ескертулер алды. Облысымыздың төрінде өткен саяси мәні бар форумның салтанатты ашылуында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Гүлжиян Сүлейменова жиынға қатысқан делегацияны қызу құттықтап, шараны ары қарай жүргізіп отырды. Ең алдымен облыс әкімінің орынбасары Серік Мұханов баяндама жасады. Серік Мейірханұлы өз сөзін алға басында облысымызға арнайы атбасын бұрып келген Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың іссапарынан бастады. «Менің Отаным – Қазақстан, оның өсуі мен өркендеуі жолында табанды еңбек ету азаматтық борышым. Ал, Алматы облысы менің шіркі Отаным» деген Елбасының сөзін айта келіп, облысымызда атқарылып жатқан шараларға, ауыл шаруашылығы мен өндіріс саласындағы өркендеуге оң бағасын беріп қайтқанын мақтанышпен жеткізді. Бүгінгі форумның өтуі Президентіміз жоғары бағалаған айтулы игі-істердің жалғасы екенін де айта кетті. Және сол күнгі өткізілген ауқымды шарага аудан әкімдері орынбасарларының толықтай келмегендігін, мұның өзі қоғамдық жұмысқа атүсті қарау деп ескертуін жасап кетті.Серік Мұханов 2004 жылы үкіметтік емес ұйымдардың саны 39 ғана болса, бұл күнде ұзынсаны 169-ға, яғни өткен 5 жылдың ішінде 130 ұйымның тіркелгенін де айтты. Бірақ осы тіркелген 169 ұйымның 55-і ғана тұрақты түрде, толысқанды жұмыс атқарып жатқандығын да назардан тыс қалдырмады. Қазақстанның қарқынды дамуы тек мемлекеттік органдарға ғана емес, сонымен бірге қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарға да қатысты екенін баса атап өтті. «Бүгінде мемлекеттік пен үкіметтік емес ұйымдардың қарым-қатынасы принципті жаңа деңгейге көтерілді» деген Елбасының сөзі бәрімізді ортақ ой мен бір мақсатта жұмыс істеу керек екендігімізге сенім артып отырғандығы деп тоқтала кетті. «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың үстіміздегі жылғы Жолдауын баяндамасының арқауы етіп алған Серік Мейірханұлы Елбасының жаңа бағдарламасының бірі – бұл күндері республикамыздың түкпірүкіметтік емес ұйымдардың саны 169-ға, яғни өткен 5 жылдың ішінде 130 ұйымның тіркелгенін де айтты. Бірақ осы тіркелген 169 ұйымның 55-і ғана тұрақты түрде, толысқанды жұмыс атқарып жатқандығын да назардан тыс қалдырмады. Қазақстанның қарқынды дамуы тек мемлекеттік органдарға ғана емес, сонымен бірге қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарға да қатысты екенін баса атап өтті. «Бүгінде мемлекеттік пен үкіметтік емес ұйымдардың қарым-қатынасы принципті жаңа деңгейге көтерілді» деген Елбасының сөзі бәрімізді ортақ ой мен бір мақсатта жұмыс істеу керек екендігімізге сенім артып отырғандығы деп тоқтала кетті. «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың үстіміздегі жылғы Жолдауын баяндамасының арқауы етіп алған Серік Мейірханұлы Елбасының жаңа бағдарламасының бірі – бұл күндері республикамыздың түкпірүкіметтік емес ұйымдардың саны 39 ғана болса, бұл күнде ұзынсаны 169-ға, яғни өткен 5 жылдың ішінде 130 ұйымның тіркелгенін де айтты. Бірақ осы тіркелген 169 ұйымның 55-і ғана тұрақты түрде, толысқанды жұмыс атқарып жатқандығын да назардан тыс қалдырмады. Қазақстанның қарқынды дамуы тек мемлекеттік органдарға ғана емес, сонымен бірге қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарға да қатысты екенін баса атап өтті. «Бүгінде мемлекеттік пен үкіметтік емес ұйымдардың қарым-қатынасы принципті жаңа деңгейге көтерілді» деген Елбасының сөзі бәрімізді ортақ ой мен бір мақсатта жұмыс істеу керек екендігімізге сенім артып отырғандығы деп тоқтала кетті. «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың үстіміздегі жылғы Жолдауын баяндамасының арқауы етіп алған Серік Мейірханұлы Елбасының жаңа бағдарламасының бірі – бұл күндері республикамыздың түкпір-түкпіріндегі қарқынды іске асып келе жатқан «Жол картасын» бойынша да облысымызда атқарылған ауқымды жұмыстарды да тілге тиек етті. «Мемлекеттік органдар және азаматтық қоғам институттарының өзара әріптестігі мен ынтымақтастығы – дағдарысқа қарсы шараларды тиімді жүзеге асырудың кепілі» тақырыбы аясында өткен форумдағы «Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның өзара қатынасының жаңа үлгісі» атты баяндамасында облыс басшысының орынбасары 2003–2009 жылдар аралығында мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ-ы арасында өзара әрекеттестікте атқарған іс-шараларға да тоқталды. 2003 жылдан бүгінге дейін 50 үкіметтік емес ұйымдар 14 негізгі бағыт бойынша жобаларды жүзеге асырса, 23 әдістемелік құралдары жарық көріпті. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында осы ұйымдарға қолдау көрсету мақсатында облыстық бюджеттен 59 млн. 500 мың теңге қаражат бөлініп, 83 әлеуметтік маңызы бар жобалар іске асырылған екен. Мұның бәрі мемлекет пен қоғамдық ұйымдар арасындағы қарым-қатынастың тұрақтылығы мен табанды атқарған жұмыстарының жемісі десе де болады. Елбасы өзінің әр жолдауларын Жолдауында Азаматтық қоғам институттарына көңіл бөліп, оларға грант беру жүйесі арқылы әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік қолдау көрсетілуі керек екенін баса айтуда. Осы тапсырманы іске асыру мақсатында облысымызда 2004 жылдан бері жүйелі іс-шаралар өткізіліп келеді. Бүгінгі күні облысымыздағы үкіметтік емес ұйымдар халықпен жұмыс жүргізуде маңызды роз атқаруда. Олар әлеуметтік қамсыздандыру, тұрмысы нашар жандарға көмек көрсету, жеткіншектердің тәрбиесі мен білім алуына, мәдениеттің өрлеуіне ықпал ете отырып, азаматтардың құқығын қорғауда айтуы істерді жүзеге асыруда. Сол үшін де үстіміздегі жылы ҮЕҰ-ның әлеуметтік жобаларының байқауына 15 млн. теңге бөлінген екен. Облыс бюджетінен осындай қаржы бөлініп, қолдау көрсетіп отырғанда, атқамын ұйымдардың жұмыстары да нәтижелі болары сөзсіз. Форум барысында жарыс-сөзге шыққан аудан, мекеме басшылығы, ішкі саясат бөлімі мен қоғамдық және ҮЕҰ мүшелерінің пікірлері тыңдалды. Сөз алғандар атқарылған шаралардың осындай жоғары деңгейде іске асуына мүмкіндік жасап, қолдау көрсеткен облыс басшысына алғыстарын білдіріп, алдағы уақытта еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып, осындай қолдау мен қамқорлыққа лайықты жұмыс жасауға уәделерін берді. Жиын соңында ҮЕҰ-дың облыс азаматтарына деген үндеуі қабылданып, республикалық IV форумға делегаттар сайланды. Сонымен бірге, облыс әкімінің орынбасары Серік Мейірханұлы мен ішкі саясат басқармасының басшысы Гүлжиян Магданқызы ұйымның белсенді мүшелеріне облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен ауданнан келген ішкі саясат бөлімінің меңгерушілеріне басқарманың Алғыс хаттарын табыстай отырып, болашақта атқарылатын жұмыстарына жауапкершілікпен қарауды міндеттеп, форумды аяқтады.

●ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Заң талабын орындау – міндет

Облыс әкімінің орынбасары Болат ТӘКЕНОВТЫҢ төрағалығымен «Алматы облысы бойынша сауда, базар қызметтері және алкоголь өнімдерін сату саласында ҚР заңнамаларын сақтау» атты бүгінгі күнгі өзекті мәселелерін көтерген жиын болып өтті.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ, "Жетісу"

Әуелгі кезекте, жоғарыда аталған тақырыпқа сәйкес, тапсырыспен түсірілген бейнефильм көрсетілді. Сосын, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Т. Шойынбеков негізгі баяндама, ал облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының басшысы Е. Сыдықанов, облыстық мемлекеттік өртпен бақылау басқармасының басшысы М. Абайгелдинов және тағы басқа басқармалар мен аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары салалық қосымша баяндамалар жасады.

Сырт қараған адамға күнделікті күйбең тірлік әрекеті іспетті де болып көрінетін, ал осы сала ішінде нақты әрекет етіп жүрген жандар жұмысында көп дүниенің тетігі шешілетін бұл жиынға қатысушыларға облыс әкімінің орынбасары Болат Тәкенов:

– Нақты ұсыныс айтылсын. Жаттанды дәйектерді тізбелеп, бірақ жұмысты қатырып тұрып зың шеңберінде істеп жүрміз, істей береміз де дегеннен арылыңыздар,– деп шегелеп тұрып айтқан еді. Бірақ шенеуніктер алдын ала жазып келген, нақтылай түссек, бейнефильмде көрсетілген мәселелерден аса алмады. Сол бағыз жабайы сауда төңірегінде әңгіме өрбіткен жандарды бір сәт тоқтатып қойып, күре жолдар бойында тез бұқпалтай азық-түлік сатып тұратын сауда-терлерге рұқсат қағазды кім береді деген мәселеге келгенде жиын ұшы ауылдық округтер әкімдеріне тіреліп те жатты. Әйтеуір әр лауазым несі өзінен жауапкершілікті алып тастауға талпынып, шыр-пыры шықты. Байыптылығы мен байсалдылығынан таймайтын Б. Тәкенов әр лауазым несінің заңнамамен белгіленген функционалдық міндеті бар екенін баса айтып, бұл мәселені полиция қызметкерлері анықтап, анығырақ айтсақ сауда-герлердің қолдарындағы рұқсат қағаздары көшірмелерін түсіріп алып, тиісті орындарға өткізулерін тапсырды.

Жиынға қатысып отырған Талдықорған қаласының әкелеген тұрғындары шенеуніктердің бірін мақтамақ болып, бірін тұқыртпақ та болып түрлі гимарат құрылысының кемшіліктерін, жабайы сауда мәселелерін тізбелеуге кіріске бастағанда-ақ облыс әкімінің орынбасары тақырыптан ауытқымауды, жұмыс тәртібінде шешетін жайттарды орынсыз тықпаламауды қатаң талап ете білді.

Қорыта айтқанда, заң талабын сақтау міндет екенін баса айтқан Б. Тәкенов бүгінгі жиын тақырыбына сәйкес, әкімдіктер мен мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы секілді салалар жүйелі жұмыстарын жүргізе берсе, солардың сыртында бұл күні көтерілген мәселелердің анықтығын тексеретін облыс әкімдігі жанынан түрлі салалар мамандарынан құралған арнаулы комиссия шығарып, екі аптада бір рет тексертсек, ал әр аудан мамандары үш аптада бір рет сондай тексерулер жүргізсе сосын сол комиссиялар толтырған іс қағаздары бойынша түйін жасасақ дұрыс болатындығын ұғындыра білді. Бұл жұмыстарды атқаруға төрт ай мерзім белгіленді. Қараша айында нақты мәліметтер жинытығы сараланып, қорытынды шығарылатын болды.

●ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

АЯЗ БЕН АПТАПҚА ШЫДАМДЫ

өнімнің болашағы зор

Өскелең өндірісімен алыс-жақын аймақтарға танылып жайылған Кеншілгей өнірі жаңаша өнім жасап шығаратын және бір шаруашылық түлімін түзу ұшырды.

Рәтбек ТЕЛІКБАЕВ, "Жетісу"

Жалпы мақсаттағы полистиролды экструзиялау әдісімен дайындалатын көпіршікті өнімге деген сұраныс қазір күн сайын арта түсуде. «Пенопэкс» деп аталатын тақталар мен полистиролдан жасалған кебегі бұйымдардың жылу сақтағыштығы олардың басты құндылығы саналады. Бұл өнім азаматтық және өндірістік құрылыстағы қорашау құрылғыларында, ауыл шаруашылығы мен тоңазытқыш өндірісінде, теміржолдарды құрастыру кезінде, автомагистральдарда, аэропорттардың ұшу-қонғыру жолағын бекемдеуде, газ-мұнай өнімдері тасымалданатын құбырларды қымтау кезінде және басқа да мақсаттарда кеңінен кадеге жарай бастады.

«Пенопэкс» көпіршігі – экологиялық тұрғыдан таза материал. Және бір ерекшелігі, осы тақталар–50 градустан +75 градус ерістегі температураға шыдас береді екен. Демек, сыырлаған аяз бен тымыс тарылтар аптап ыстыққа бақ етпейтін бұйымның болашағы зор.

Өндірістік қуаттылығы бойынша зауыт жылына 200 мың текше метр өнім өндіруге негізделген. Қажетті құрал-жабдықтарының бері Италия мен Германия сияқты осы өндіріске өмбебап өндерден алынған. Жаңа зауыт 74 адамды жұмыспен қамтып, оларға орташа мәлшермен айына 75 мың теңге еңбекақы төлеуді көздеп отыр.

Жалпы зауыт бойынша 15 млн. еуро сомасында инвестиция тартылыпты. Өрине, қайтарымы болатынына көзі жеткен адамдар ғана осынша қаржыны қинамай жұмсайды. Олар қажет дүниенің, құндылығы келешекте шығынды есептеп ақтайтынына бек сенімді.

ЗАРЕЧНЫЙ АУЫЛЫ.

●АУДАННЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ ТАЛДЫҚОРҒАН ТӨРІНДЕ

Облыс әкімінің тапсырмасымен өткізілін келе жатқан ауданның мәдениет күндері биыл да жалғасын тауып келеді. Өр жұма күндері орталық алаңда өтіп жатқан аудан күндерінің қалыққа берерінен мол екендігі күн өткен сайын айқындалуда. Осындай бастамның кезегі бұл жолы елі бай, болашағы кемел, Кеңес Одағының 9 батыры, 10 Социалистік Еңбек Ері шыққан, әлем танитын Тұманбай Молдағалиев сынды дүлдүл ақынымен, зергерлік өнеріне жаһан тамсанған марқұм Дәркенбай Шоқпаров және елімізге танымал өзге де азаматтарымен мақтан тұтатын Еңбекшіқазақ ауданына келіп отыр. Төрт жыл қатарынан облыс орталығына келіп жүрген еңбекшіліктер биыл да мәдениет күндеріне ерекше дайындықпен келген екен. Алыстан ат арытып келген делегация тобы өз жұмысын С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханасында «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша аудандық кітапхана ұжымы дайындаған «Алтын адам атамекені» атты әдеби-сазды кешімен ашты. Дәл осы күні делегация өкілдері Талдықорған қаласындағы Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлер ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Орталық алаңдағы көрмелер де тамашаланды. Мұнан соң ауданнан келген қонақтар облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталовтың қабылдауында болып, облыстың тыныс-тіршілігімен танысты.

(Мәдениет күні жайындағы көңейтілген материалды газетіміздің келесі нөмірінен оқитын боласыздар.)

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

●"ЖОЛ КАРТАСЫ"

Жаңару мен даму үстінде

атқарылған істер қомақты

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы облыстық филиалының жиын залында «Дағдарыстан жаңару мен даму жолында» атты «дөңгелек үстел» өтті. Оған облыстық басқармалардың басшылары, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары және үкіметтік емес ұйым өкілдері, ұлттық-мәдени орталық мүшелері мен партия белсенділері қатысып, «Жол картасы» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан іс-шараларды талқылады. «Дөңгелек үстелді» «Нұр Отан» ХДП-ның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейітов кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Қажет АНДАС, "Жетісу"

–«Нұр Отан» – халықтың партиясы. Оның басты тұғырнамасы – елдің ал-ауқатын арттыру арқылы ішкі тұрақтылықты нығайту. Қазір партияның атқарып отырған игілікті жұмыстарына жұрт дән риза. Оның күәсі ретінде «Жол картасы» бағдарламасын айтуға болады. Өрине, аталмыш бағдарлама Елбасының айқын көрегендігін білдірсе, оның орындалуы мемлекетіміздің қаржы дағдарысынан сүрінбей өтуіне үлкен сеп болмақ. Осы бағытта облысымызда тың жобалар қолға алынып жүзеге асуда. Атап айтар болсақ, жолдар жөнделіп, елді мекендер абаттандырылды. Балабақша, мектеп, медициналық нысандар күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігіне берілуде. Десе де, төрт түлігіміз түгенделді деп айта алмаймыз. Әлі де болса, теренірек көңіл бөліп, саралайтын тұстарымыз бар. Бүгінгі басқосудың мақсаты – атқарылған жұмыс жайымен танысып, кемшіліктерімізді анықтау. Сарапшылардың болжамы бойынша, Қазақстан қаржы дағдарысынан қиналмай шығатын елдердің қатарында келеді. Тіпті Елбасының бастамасымен қолға алынған «Жол картасы» бағдарламасын жоғары бағалап отыр. Кейбір елдердің үлгі ете бастағаны да елімздің нығайып, елдігіміздің өскенін білдіреді. Алайда, бұған бола мақтануға келмейді. Өйткені қазақ елінің алдында үлкен болашақ жатыр. Халқымызда: «Жұмысты біткенше емес, басталғанына қарап бағала» дейтін бағалы сөз бар. Аталған бағдарламаның қазіргі атқарылу жағдайы қалай? Ендігі сөз ауанын соған қарай өрелік, – деген Айтбай Әсербайұлы сөз кезегін облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Нұрила Бөлекбаеваға берді. Нұрила Дөкенқызының баяндамасынан білгеніміздей, ағымдағы жылы «Жол картасын» жүзеге асыруда облысымызға 14,7 млрд. теңге, оның ішінде инвестициялық бағыттар бойынша 12,7 млрд. теңге (7,7 млрд. теңге республикалық, 5 млрд. теңге жергілікті бюджеттен) бөлінген. Әлеуметтік жұмыс орындарын құру және жастар тәжірибесі бағдарламасына 728 млн. теңге, кадрларды даярлау және қайта даярлауға 1,2 млрд. теңге қарастырылған. Қазіргі таңда инвестициялық бағыттар бойынша жоспар 97,9 пайыз, ал жылдық жоспар 62,6 пайызға орындалды. Жүзеге асырылып жатқан 283 жобаға сай 18 мың адам жұмысқа тартылған. Содан кейін мәберге көтерілген облыстық білім басқармасы басшының орынбасары Сәуле Қабимолдаева «Жол картасы» бағдарламасы аясында облыс аумағындағы 50 оқу орны ағымды және күрделі жөндеуден өтіп жатқанын айта келіп, білім ошақтары қыркүйек айында оқушы қабылдауға дайын болатынын жеткізді. Сонымен бірге, келесі оқу маусымында 500-ге жуық мектепте ыстық тамақ жолға қойылмақ. Бір айта кетерлігі, ауылдық жердегі мектептерде, ағылшын тілі, математика, химия, физика пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің жетіспеушілігіне орай басқарма «Жастар практикасы» аясында ұтымды шаралар қарастыруда. Ал облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бөлім бастығы Сәбит Оңғарбаев облыс аумағындағы тұрғын үй шаруашылығын қалпына келтіру бағытында қолға алынған 49 жобаның іске асу барысын түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, қаланың жылу жүйесінің қысқа дайындығы ескалай сай екенін тілге тиек етіп қалп, облыс аумағындағы ауыз су мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, елкеміздегі 770 елді мекеннің 502-і ортақтандырылған су жүйесін пайдаланса, 266-ы жер асты суын тұтынады. Келтірілген деректерге сай облысымыздағы ауыз су мәселесі өз деңгейінде шешімін тапты деуге болады. Ал денсаулық сақтау саласы бойынша 660 млн. теңге бөлінген. Соған сай 26 жоба іске асырылуда. Қазіргі таңда 70 пайызы орындалған. Жоспарға сай 1633 жұмыс орны ашылу керек болса, қазір 1440 адам екі қолға бір жұмыс тауып отыр. Ал облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Асанбай Өлсейітов облыс аумағындағы жол жағдайынан түсінік беріп өтті. Оның айтуынша, облыста республикалық маңызы бар 2660 шақырым жол Көлік және коммуникация министрлігінің Алматы қаласындағы департаментіне қарасты. Ал облыстық, аудандық маңызы бар 6953 шақырымдық жол облыстық басқарма және аудан мен қала әкімдерінің құзырында. Осы аталған жол көптен бері жөндеуден өтпегендіктен 60 пайызға жуығы жарамсыз болып қалған. Ағымдағы жылы «Жол картасы» бағдарламасына сай 2 млрд. 700 млн. теңге бөлініп, 95 жоба іске асырылуда. Оның 29-ы облыстық, 67 жоба аудан, қала жолдарын жөндеуге бағытталған. Оған 2343 адам жұмыспен қамтылған. Жол құрылысының сапалы жүруі үшін арнайы зертхана құрылып, қадағалау күшейтілген.

Сөзінде маңызды мәселелер сөз болған басқосуға қатысқандардың ұсыныс-пікірі тыңдалып, оған нақты жауаптар берілп отырды. Облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы Егеубек Далбағаев жұмысқа орналастырылғандардың отбасылық құрамына қарау керектігін, әсіресе, кіріс көзі жоқ отбасы мүшелерін алғашқы кезекте жұмысқа тартуды ұсыныс етсе, Талдықорған қалалық мәслихатының қатышысы Марат Болазов тұрғын үй және жол, су жүйелерін жаңартуға өз еліміздің кәсіпорындары өндірген материалдарды пайдалану керектігін алға тартты. Көпшілік бұл ұсыныстарды бірден қолдады. Себебі Елбасы «Нұр Отан» ХДП-ның кезекten тыс XII съезінде осы бағытты ашып тапсырған болатын. Басқосуда болған үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері де өз сауалдарын қойып, тұщымды жауап алды. Жиынды қорытындылаған Айтбай Сейітов көпшілікке жұмыла жұмыс істеп, Президент тапсырмасын мүлтіксіз орындап, ел үшін еселі еңбек ету керектігін тапсырды.

●ЖЕР СІЛКІНГЕН ӨҢІРДЕН

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Текелі қаласында болған зілзала зардабын жою мақсатында әкімшілік жанынан арнайы жұмыс тобы құрылған. Штаб мүшелері жер сілкінісінің барысында қабырғалары жарылып, есік-терезесі қираған 800 үйді тексеруден өткізді. Нәтижесінде 7 тұрғын үй жөндеуге жарамсыз деп табылып, 10 баспананы күрделі жөндеуден өткізу көзделіді. Бұлардың қатарында бірнеше көп қабатты үйлер де бар.

Қаладағы жекеменшік үйлер мен мекемелердегі жағдайды тексеру барысында гимараттарға елеуір шығын келгені белгілі болып, оның біразына жөндеу жұмысын жүргізу керектігі анықталған.

Қабырғалары жарылған, құлаған гимараттарды орнына келтіру үшін облыстық бюджет текеліліктерге 393 млн. теңге қаржы бөлді.

Қалалық ішкі саясат бөлімінен алынған мәлімет бойынша аталмыш қаражаттың бірқ бөлігі №1 орта мектепті қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалмақшы. Бюджеттен берілген қаражатқа карттар үйі, Спорт сарайы, «Текелі су құбыры» сүзгі станысын және жекелеген меншік үйлерге де жөндеу жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары кестеге сай атқарылуда. Мәселен, карттар үйі мен Спорт сарайын қалпына келтіруді жауапкершілігіне алған «Шымыр» серіктестігі міндеттерін уақытында орындап, гимараттарды толыққанды пайдалануға берді. Ал «Жөндеуқұрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өздеріне тиісті №1 мектептің жөндеу жұмысын 60 пайызға орындады. Серіктестік 25 тамызға дейін білім шаңырағын жөндеуден өткізіп, балалардың сабаққа уақытында баруына жағдай жасамақшы. «Текелі су құбыры» станысын қалпына келтіруді міндеттеріне алған «СМР» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі 16 жұмысшы қалпына келтіру шарасын 15 тамызда аяқтау үшін кун-түн демей еңбектенуде.

Әлеуметтік қорғалуға тиісті жандарға берілер 37 коммуналдық пәтерді жөндеуге 91 адам жұмылдырылған. Аталмыш баспаналарға зілзала кезінде үйлері қираған отбасылары орналастырылмақшы. Бүгінде мұндағы жөндеу жұмысының 60 пайызы орындалды.

Жер сілкінісі кезінде үйлері қираған адамдардан құрылыс материалына көмек сұраған 743 өтініш түскен. Оларға барлығы 150,9 тонна цемент, 1430 тонна құм, 14 тонна әктас, 300 дана кірпіш және де басқа құрылыс материалдары үлестіріліп берілді.

Құрылыс-жөндеу жұмыстарының негізгі бөлігі тамыз айында аяқталмақшы. Зілзала зардабынан баспанасына залал келгендер түгелдей қамқорлық қолын сезінуде.

Гүлжия МҰҚАШҚЫЗЫ.

АПТА ТЫНЫСЫ

3-4 тамыз күндері Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екі күндік жұмыс сапарымен Алматы облысына келді. Елбасы «Жетіген-Қорғас» теміржол желісі құрылысының басталу рәсіміне қатысып, Еңбекшіқазақ ауданындағы бірқатар әлеуметтік және ауыл шаруашылығы нысандарында болды.

* * *

6 тамыз күні облыс әкімі Серік Үмбетов Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Алматы облысына жасаған жұмыс сапарының нәтижелерін қорытындылаған жиын өткізіп, бірқатар мекеме басшыларына тапсырма берді.

«Жол картасы» бағдарламасының орындалуын қатаң қадағалау, Талдықорған қаласы маңына жылыжай салу және алма бағын өсіру, сол сияқты шаруасын дөңгелетіп отырған шаруашылықтардың тәжірибесін кеңінен тарату қажеттігін баса айтты.

Сондай-ақ ұрпақ тәрбиесі мен денсаулығы мәселелеріне айрықша назар аударды.

* * *

7 тамыз күні облыс әкімінің орынбасары Серік Мұханов Дәстық үйінде үкіметтік емес ұйымдармен өткізілген облыстық форум жұмысына төрағалық етті.

* * *

Жұма күні облыс әкімінің орынбасары Болат Тәкенов «Алматы облысы бойынша сауда саласында, базарлар қызметінде және арақ-шарап өнімдерін сатуда Қазақстан Республикасы заңдарының орындалуы» тақырыбында облыстық жиын өткізді.

* * *

7 тамызда облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен салтанатты жиынға қатысып, құрылысшыларды кәсіби мерекесімен құттықтады.

* * *

Кеше облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов аудан мәдениет күндерінің аясында облыс орталығына келген Еңбекшіқазақ ауданының делегациясын қабылдады.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Құттықтайық!



Алғашқы тұңғышымыз Үшарал жылысында тұратын қадірлі ағеміз құдіреті, асқар таудай әкеміз **БАЙМҰРАТОВ Жүністі** асқаралы 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Ұзақ өмір мен мықты денсаулық тілей отырып ошағында жандарының жанымалық көрінісін деген ақ ниетімізді білдіреміз.

Құлпын бұлдың мерейін
60 – асқар жасыңмен
Тілегіміз – сенсің мен
Тіршіліктің да асылы.
Шөберелерің шаттығымен
Балаларың қасында,
Құлпыңды ешқашанда
Ақаулар суғай көрмесін. –

деген ақ тілекпен құттықтаушылар: Тілеубекөвтер мен Баймұратовтер әулеті.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Балапан» бағдарламасы бүгінгі таңда өз жемісін бере бастады. Қазір шет елдерде ұзақ уақытқа қамқорлық жасаушының қолынан тұлектері оқудан бітіріп, ел игілігі үшін жұмыс атқарушы. Осыған орай, халықаралық «Балашақ» стипендиатының қауымдастығының мүшелері ағымдағы жылдың қыркүйек пен қазанын айлығы аралығында республика аумағындағы 16 қалаларда жастармен кездесулер өткізіп, Қазақстан Республикасы Президенті мен ҚР Үкіметінің жүргізіп жатқан саясаты, сонымен қатар 2008 жылғы «Балапан» бағдарламасының 15 жылдығына орай ел форумда Елбасының қойған басым міндеттерін орындау мақсатында жастарымен жақындарын танысу, олардың ойын білу, бағыт-бағдар беруді жоспарлаған.

Қожет АҢДАС,
«Жетісу»

Өткен аптада қауымдастық мүшелері І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенттерімен кездесті.

Кездесуді аталған университеттің проректоры Фатима Жақынова жүргізіп, оның мақсаты қауымдастығы емес, барша қазақстандық тұлектер мен ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген белсенді жастардың қауымдастығы болуы керек, – деген ойын жеткізді.

Жастарға кеңес беріп, жол көрсету үшін кездесуде «Балашақ» тұлектері де көп болды. Солардың бірі – Жетісу мемлекеттік университетінің түлегі Мун Александр. Германиядан оқу бітіріп, аталған университетке жұмысқа тұрған. Қазір ішкі байланыс және инновациялық даму орталығы секторының жетекшісі болып қызмет атқаруда. Ол студенттерге шет елдерде білім алудың ел экономикасын өркендеудегі қосар үлесін айтып берді.

Шарада қатысқан студенттер мен жастар бірлестігінің кеңесшілерімен да қонақтарға өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алып отырды. Емен-жарқын ақпаратқа ұласқан жиналыстың соңында қауымдастық өкілдері Талдықорған қаласында да өз бөлімшелерін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді.



●ЕЛБАСЫ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА

БОЛАШАҚҚА АПАРАР ЖОЛ

тын түсіндіріп өткен соң, сөз кезегін қауымдастық мүшелеріне берді.

Алтыаяқ мінберге көтерілген «Болашақ» қауымдастығының атқарушы директоры Жанна Телегенова аталмыш бағдарламаның жастарға патриоттық тәрбие беруімен бірге оларды білім алуға деген ұмтылысын терең деңгейдегі үлесін айта келіп, шетелдерде білім алып келген белсенді жастардың мақсатын жүзеге асыруда әлі де болса демеу керек екендігін тілге тиек етті.

Ал кездесуге келген қонақтардың бірі – қауымдастықтың мүшесі Бақтиер Мөкен. Ол Райымбек ауданының түлегі, АҚШ-тың Монтана штатында білім алып келіп, қазір мемлекет игілігіне қызмет етуде. Студенттердің көптеген сұрақтарына ұтымды жауап берген ол.

– «Болашақ» тек қана шет елдерде оқыған студенттердің қауымдастығы емес, барша қазақстандық тұлектер мен ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген белсенді жастардың қауымдастығы болуы керек, – деген ойын жеткізді.

Жастарға кеңес беріп, жол көрсету үшін кездесуде «Болашақ» тұлектері де көп болды. Солардың бірі – Жетісу мемлекеттік университетінің түлегі Мун Александр. Германиядан оқу бітіріп, аталған университетке жұмысқа тұрған. Қазір ішкі байланыс және инновациялық даму орталығы секторының жетекшісі болып қызмет атқаруда. Ол студенттерге шет елдерде білім алудың ел экономикасын өркендеудегі қосар үлесін айтып берді.

Шарада қатысқан студенттер мен жастар бірлестігінің кеңесшілерімен да қонақтарға өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алып отырды. Емен-жарқын ақпаратқа ұласқан жиналыстың соңында қауымдастық өкілдері Талдықорған қаласында да өз бөлімшелерін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді.

●БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫНДА

Талдықорған қаласындағы №25 орта мектепте 51-халықаралық математикалық олимпиада тұсы қабылдауға арналған салтанатты шара өтті. Оған дарынды шәкірттер дайындаған мектептердің директорлары мен халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі олимпиада жеңімпаздары қатысты.

ОЛИМПИАДА ТУЫ ТАБЫС ЕТІЛДІ

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Салтанатты шараға облыстық білім басқармасы басшылығы оралбасары Сауле Қабдолдаева сөз сөйлеп, 1959 жылдан математикалық олимпиада 1959 жылдан бері жол сайын дәстүрлі өтіп келе жатқан жарғы сынып оқушылары арасындағы дәстүрлі интеллектуалдық сайыс екендігін айтып өтті.

Елбасының жалдаятты бастамасы дүние жүзі алдындағы бүкіл бейбітшілік дәуірінде Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінен қатарында Қазақстан алғашқы болып, 2010 жылы 51-халықаралық математикалық олимпиадасы өткізуге мүмкіндік алып отыр. Оған бұл Президентіміздің бастамасымен құрылған Халықаралық олимпиадалар комитеті мүшелігіне қабылдануы үлкен үлес қосты. Осыған орай биыл 3 жылдан кем болмауы тиіс Жайлықазалы ауданында халықаралық немесе жоғары класты спорт шеберлігі және спорттық дәрежесі бар 2 мың орындық Халықаралық математикалық олимпиадалар сарайы салынып, пайдалануға берілді. Сарайда 1 мың көрермен отыратын 1 үлкен және 2 кіші спорт залдары, 25 метрлік 8 дорбалы жүзу бассейні, 200 орындық конференц-зал, оқушылар мен мұғалімдерге арналған 60 бөлмелі қонақ үй, 50 орындық мейрамхана, 100 орындық кафе, медициналық орталық, спорттық ғимарат, 4 жаттығу залы, 2 жүзу бассейні, 2 футбол алаңы, 2 волейбол алаңы, 2 баскетбол алаңы, 2 теннис корты, 2 мини-футбол алаңы, 2 хоккей алаңы, 2 жеңіл атлетика алаңы, 2 гимнастика алаңы, 2 спорт ойындарына арналған алаңдар, 2 шахмат алаңы, 2 шағын футбол алаңы, 2 шағын хоккей алаңы, 2 шағын баскетбол алаңы, 2 шағын волейбол алаңы, 2 шағын теннис алаңы, 2 шағын гимнастика алаңы, 2 шағын жеңіл атлетика алаңы, 2 шағын

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№87 (17213) сенбі, 1 тамыз, 2009 жыл

Бағасы келісімді

ДЕНСАУЛЫҚ 4-БЕТ

ҰЛЫ ДАЛА АҒАТЫ 9-БЕТ

● МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

ҚАМБАМЫЗ АСТЫҚҚА ТОЛАТЫНЫНА СЕНІМ МОЛ

дейді облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВ

Сәрбі ӘЙТЕНОВА,
"Жетісу"

Алтаның бейсенбісі күні облыстық әкімдікте Алматы облыстық мәслихатының кезекті он тыс XXI сессиясы өтті. Күн тәртібінде қаралған негізгі мәселелердің бірі «Алматы облысының 2009 жылға арналған облыстық бюджетіне» өзгерістер енгізу. Бұл туста облыстық экономикалық және бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы Қ. Тәжібаев баяндама жасады. Өз сөзінде ол облыс бюджетінің көлемін 1 млрд. 528 млн. теңгеге, оның ішінде облыстық бюджет көлемін 413 млн. теңгеге көбейтуді ұсынды. Сонымен бірге ағымдағы жылға арналған облыс бюджетінің бюджеттік көрсеткіштеріне келесі өзгерістерді енгізу ұсынылды.

Атап айтар болсақ, білім беру саласында шығыстарды арттыру, оның ішінде:

– Ұлттық ғылыми-тәжірибелік жалпы білім беретін «Бөбек» сауықтыру орталығына мемлекеттік тапсырыс есебінен қосымша 30 грант бөлініп, шығыстар – 2,7 млн. теңгені құрап отыр.

– Колледждердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 6,7 млн. теңге;

– Райымбек, Қаратал аудандарындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептерінің ғимараттарын жөндеуден өткізудің жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға және сараптама жүргізуге – 4,3 млн. теңге;

– Сарқан ауданының Абай ауылында 180 орындық жаңа мектеп салуға – 173,1 млн. теңге және Еңбекшіқазақ ауданының Рахат ауылында 300 орынды мектеп құрылысына – 100,0 млн. теңге;

– Республикалық бюджет қаражаты есебінен салу көзделген білім беру нысандары құрылысының жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға – 101,3 млн. теңге.

– Талдықорған қаласындағы «Айналайын» балалар үйіне монша салуға – 8,2 млн. теңге;

– Облыс бойынша 45 білім мекемелерінің жылу қазандықтарын орнатуға 125,6 млн. теңге;

– Балаларды мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз ету мақсатында Ескелді ауданының Бақтыбай ауылында балабақша ашуға – 11 млн. теңге және Ақсу ауданындағы Қарлығаш балабақшасына қосымша 3 топты ашуға – 4,8 млн. теңге бөлу ұсынылды.

Ал, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салалары бойынша:

– Кардиологиялық орталықты күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау, ескі ғимаратын ағымдағы жөндеуге – 45 млн. теңге, Райымбек ауданының Кеген ауылындағы емхана құрылысының жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға – 11,4 млн. теңге. Ұйғыр ауданының Шонжы ауылындағы орталық аудандық емхананы қайта жаңартуға – 12 млн. теңге қажет. Сонымен бірге, мәдениет және спорт салаларына – 268 млн. теңге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша – 764,4 млн. теңге, ауыл шаруашылығы шығыстарын – 81,7 млн. теңге, көлік және коммуникация саласында жолдарды күрделі және ағымдағы жөндеу үшін – 98,9 млн. теңгеге көбейту ұсынылды. Өз есебінде Қыдыр Қасымбекұлы бүгінгі күнге дейін бюджеттің 108 пайызға орындалғанын баса айтты.



Сессия барысында «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейітов партияның жартылай жылдық жұмысы жөнінде есеп берді.

Күн тәртібінде облыстық мәслихаттың шешіміне сәйкес Алматы облысының Қарасай және Талғар аудандары жерлерінің жалпы көлемі 76,2 га құрайтын жер бөлігін Алматы қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасына өткізіп беру жолымен Алматы облысы шекарасының өзгертілуіне келісім берілді.

Облыстың бірінші басшысы, аудан әкімдері мен депутаттар бас қосқан жиында облыс бюджетінен бөлінген 67 млн. теңге Ақсу және Сарқан аудандарындағы қант қызылшасынан алынған өнім Көксу қант зауытына тасымалдауға жұмсалатындығы айтылды. Биыл Ақсу және Сарқан аудандарында 6 мың гектар жерге қант қызылшасы себілген. Күні бүгінге дейін Жансүгір кентіндегі қант зауыты ашылып қалар деген дихандар үміті ақталмады. Ал сепкен тәтті түбірден биыл да мол өнім алатындығына сенім мол. Сондықтан, сессияға жиналған облыс басшылары мен депутаттар арнайы кеңесе келю, өнімді ысырап етіп алмас үшін, әрі шаруалардың еңбегі далаға кетпесін деген оймен жиналған тәтті түбірді Балпық би кентіндегі қант зауытына өткізуді шешті.

Сессия жұмысына қатысқан облыс әкімі Серік Өбікенұлы сөз кезегінде елдің еңбегі еленіп, тәтті түбірден алынған өнімді ысырап етпей осы іске барынша көңіл бөлуді тапсырды.

Облыс бойынша биылғы жылы да жиын-терін ырысты болмақ деп күтілуде. Яғни, шаруалар ауыл шаруашылық өнімдерінен алатын өнімнің мол болатындығын айтады. Егілген егінде бітік шығып, алқаптардағы мақсақтар дәні де көз тоқтатарлық. Шаруашылықтардың алды гектарына 30 центнерден астық жинауда. Десек те, бұл бағытта облыстың бірінші басшысы тарапынан айтылған сын-ескертпелер де жоқ емес. Мәселен, облыс бойынша Қаратал, Балқаш аудандарының жері суармалы болып келсе де, алқаптардан алынған астық өнімдерінің көрсеткіші төмен екендігі, бар-жоғы 17 центнерден аспай отырғандығы тілге тиек етілді. Ал бұл тұста Ескелді мен Көксу аудандарын ерекше атап өтуге тұрарлық. Өзгелерге сабақ болсын десе керек, облыс әкімі әр гектарынан 30 центнерден өнім алып отырған екі ауданның жетістігін паш етті.

Облыс әкімі Серік Үмбетов бұл сессияда да әр аудан, қала әкімдеріне инвестиция тарту бойынша қызу жұмыс жасау керектігін де естеріне салды. Сондай-ақ, облыс көлемінде «Жол картасының» жүзеге асырылуы бойынша да сөз етілді. Бұл бағдарлама бойынша әр ауданда игілікті істер атқарылып жатыр. Сөз кезегінде облыс әкімі Текелі қаласындағы зілзала зардаптарын жою жұмыстарының да жоғарғы деңгейде жүріп жатқандығын, осы іске өз үлестерін қосқан мәслихат депутаттарының үлесі зор екендігін айтып, алғысын жеткізді.

Сессияның күн тәртібіндегі өзге де мәселелер туралы, атап айтсақ, облыс әкімі жанындағы кәмелетке жасы толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі шешіміне, «Алматы облысында 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы бағдарламасы туралы» шешіміне өзгертулер енгізуде депутаттар бірауыздан шешім қабылдады.



Жетісу жерінде

Сот қызметкерлерінің сайысы

Жуырда Сарқан аудандық сот қызметкерлері «Мемлекеттік қызмет» мерейтой атты конкурсын ұйымдастырып, өздерінің шеберлік-біліктерін ортаға салды.

Бірінші турға қатысушылар комиссияға өзін таныстырып, кәсіптің биік өнері мен дәстүрі туралы мақал-мәтелдер, өлеңдің кесімдерін мәнерлеп айтып беруге талпынды. Екінші турда сот терелігін жүзеге асыруға қатысты бір сөзді сөптеп, мағынасын талдап, сол сөзге сөйлем құрады. Үшінші турда жиі кездесетін заң терминдерін, сөз тіркестерін қазақ-қазақ тілінде аударса, төртінші турда сот терелігін жүзеге асыру кезінде расымделетін құжаттардың кателерін тексерді.

Аудандық әділет басқармасының басшысы Ж. Сарманованың төрағалығымен өткен сайыстың бірінші орынға Меруерт Орысбаеваны лайық деп тапты. Жүлделі екінші, үшінші орындарды Анар Нұрғалиева, Клара Жақасова, Алтынгүл Бершімбетова еншіледі.

Жомарт ШТМАН.
САРҚАН АУДАНЫ.

Жаңа газет жарық көрді

Облысымыздағы тәуелсіз журналистер қатарына тағы бір жаңа басылымның қосылғы. Нектарын айтатын болсақ, Қаптағай қаласында «Аймақ жаршысы. Вестник региона» тәуелсіз жарық көрді.

«Нұр Отан» ХДП Қапшағай қалалық филиалының органы болып табылатын бұл басылым өткен айдың екі рет 12 бет болып тарылуда. Осы күнге дейін жаңа басылымның төрт саны оқырманға жол тартты.

Газеттің бірінші және соңғы беттері толық түрлі-түсті болып көркем безендірілген. «Нұр Отанның» Қапшағай филиалы болашақта бұл газетке қосымша журнал шығаруды да ойластырып отыр.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

АПТА ТЫНЫСЫ

28 шілдеде облыс әкімінің орынбасары Тыныштай Досымбекөвтің төрағалығымен Қарасай ауданы, Қайнар ауылындағы Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының базасында облыстық семинар-кеңес өтті.

* * *

30 шілдеде қалалық әкімдікте облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың төрағалығымен «Мемлекеттік сайсатты насихаттаудағы азаматтық қоғам институттарының рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

* * *

Бейсенбі күні облыс әкімі Серік Үмбетовтің қатысуымен 2009 жылға арналған облыс бюджетін жақтылау жөбасы туралы облыстық мәслихаттың кезекті тыс XXI сессиясы өтті.

* * *

31 шілдеде облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың қатысуымен «Мектепке - жол» акциясы туралы баспасөз мәслихаты өткізілді.

* * *

Жұма күні мәдениет күні шарасының шеңберінде облыс орталығына келген Ақсу ауданының делегациясын облыс басшысы Серік Үмбетов қабылдады.

* * *

Бүгін облыс әкімдігінде «Жол картасын» жүзеге асыру жөніндегі облыстық штабтың кезекті отырысы өтеді.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

● ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ

«САУСАҚ БІРІКПЕЙ, ИНЕ ІЛІКПЕЙДІ»

Қажет АНДАС, «Жетісу»

Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен қала әкімдігінің кіші жиын залында «Мемлекеттік саясатты насихаттаудағы азаматтық қоғам институттарының рөлі» атты «дөңгелек үстел» өтті. Аталмыш шараға саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері, діни бірлестіктер мен этно-мәдени орталықтар және БАҚ өкілдері қатысып, Елбасының «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Жолдауында көрсетілген басым бағыттар мен «Нұр Отан» ХДП-ның кезекті тыс XII съезінде алға қойылған шешімдердің орындалу барысын талқылады. «Дөңгелек үстелді» облыс әкімінің орынбасары Серік МҰҚАНОВ кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды.



Алдымен көпшілікке басқосудың мәні мен маңызын түсіндіріп өткен Серік Мейірханұлы билік пен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы қарым-қатынастың бірқалыпты деңгейге түсіп, мемлекеттік емес мекемелер жұмысының қарқын алғанын тілге тиек етті. Осыған орай, ағымдағы жылы үкіметтік емес ұйымдарды қаржылай қолдау мақсатында облыс бюджетінен 15 млн. теңге бөлініп, 12 ірі жоба іске асырылуда. Сондықтан қаржы дағдарысы әлемді дүрліктіріп тұрған шақта әркім әр жаққа тартпай, қоғам, мемлекет мүддесі үшін маңызы бар мәселелерді шешуде күш біріктірудің керек екенін атап көрсетті. Осыдан кейін алғашқы болып мінберге көтерілген Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев «Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының арасындағы ынтымақтастықты нығайту жолдары» тақырыбында баяндама жасады. Онда қала әкімдігі мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ынтымақтастық мәселесі толық қамтылып, «Жол картасын» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан игілікті істер таныстырылды. Сөз кезегінде «Нұр Отан» ХДП-ның облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдікадыров облыс аумағында 800 мыңға жуық мүшесі бар аталмыш партияның облыстық филиалында қоғамдық кеңестер ұйымдастырылып, партиялық бақылау комиссиясы құрылып, игілікті жұмыс атқарылып жатқанын тілге тиек етті. Оның бір дәлелі ретінде, биылғы жылы партия филиалына үш мыңнан аса азаматтан арыз-шағым түсіп, оның дені шешімін тапқан. Мұның өзі аталмыш партияның «Төрт құбылası тең» мемлекет құрудағы көшбасшылық беделін сақтап, ел көңілінен шыққанын ұғындырады. Мұнан соң «Жетісу» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Әмірге Әрін ауылға бет бұру, ауыл жастарының белсенділігін арттыру мен саналы ұрпақ тәрбиелеп, өсірудегі кезек күттірмейтін мәселелерді қаузап, отаншылдық тәрбиені ұрпақ санасына уялатуда мейлі билік немесе үкіметтік емес ұйым болсын ынтымақтаса атсалысудың керектігіне тоқталды. Ал облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Ғалымбек Сарыбаев аталған басқарманың Елбасы Жолдауын насихаттау барысына тоқталды. Маңызды шараға ағымдағы жылы өңірімізде 60 БАҚ жұмылдырылып, қазірге дейін 1071 рет кездесу өткен. Бұл туралы мерзімді басылымдарда 264 хабар жарияланып, халыққа жеткізіліп отырды. Сонымен қатар Елбасының жастар саясатын қолдау мақсатында облыс аумағында 15 жастар форумы ұйымдастырылып, ауыл жастарының пробдемасын шешуге тиімді ықпал етken. Осындай жұмыстардың нәтижесінде облысымыз маңызды күжатқа қолдау танытуда республика бойынша екінші орында тұр. Алда атқаратын жұмыстар да қомақты. Ғалымбек Төлендіұлының айтуынша, облыстық ішкі саясат басқармасының мұрындық болуымен жақында ұялы телефондарға өнформмедия қосылмақ, тұрғындар жылына 500 теңгелік төлем арқылы облысымызда атқарылып жатқан істерден хабар тауып отырады.

Маңызды мәселелер қаузалған басқосуда Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясының Алматы облыстық филиалының басшысы Рахымбек Мұсанов, Қазақстан Патриоттар партиясы аймақтық филиалының жетекшісі Дәрібек Қарабасов және де басқа саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері сөз кезегін алып, бірлесіп жұмыс жасаудың маңызды тұстарына тоқталды. Шараны қорытындылаған Серік Мұқанов жиналыста айтылған ұсыныс-пікірлердің ескерілетінін жеткізді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: *« Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік. Елің де, жерің де қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістері, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды сақтап қалу үшін де қажет»* – деп, елдік сана мен тағылықтың эркашанда, әсіресе қаржы дағдарысы елді мазалап тұрған жағдайда аса керек екендігін атап көрсетті. Бүгінгі шара Президентіміз атап көрсеткен бағыттың айқын көрінісі болды. Мұндай жиындар алдағы күнде де жалғаспақ. Жиналғандар Елбасы айтқандай: «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» деп тарасты.

"МЕКТЕПКЕ ЖОЛ" акциясы

облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов өткізген баспасөз мәслихатының өзегіне айналды

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Елбасының жас жеткіншектердің мектепке толық баруын қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау мақсатында 1 тамыздан "Мектепке жол" жалпыреспубликалық акциясы басталды. Атымдағы жылдың 30 қыркүйегіне дейін жалғасын табатын акцияның мақсаты – тұрмысы төмен отбасы балаларын мектепке кажетті киім-кешек, құрал-жабдықтармен қамтып, сабакқа баруын қамтамасыз ету. Осыған орай облыстық әкімдікте баспасөз мәслихаты өтіп, онда облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов акцияның мақсаты мен өткізілу барысы туралы журналистерге ақпарат берді.

Акция аясында тұрмыстық жағдайдың төмендігі себебінен мектепке бара алмай отырған отбасылар балаларын білім ошағына тарту басты мақсат. Сондықтан да бұл іске жергілікті жердегі әкімдік, білім беру, балалардың құқықтарын қорғау, ішкі істер, халықты әлеуметтік қорғау органдарымен катар үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері де тартылады. Акцияға облыс тұрғындары да атсалысып, егер белгілі бір себептермен оқумен қамтылмай жүрген балалар туралы ақпаратты білетін болса, жергілікті жердегі білім бөліміне хабарласуларын қажет.

Тұрмысы төмен отбасы балаларын анықтауда рейдтік жұмыстардың да берер нәтижесі көп. Өткен жылы осындай 81 шара барысында 374 бала анықталып, мектепке тартылған, қажетті киім-кешек, құрал-жабдықтармен қамтамасызетілген. Бұл турасында айтып өткен Серік Мейірханұлы биылғы жылғы акция барысында да рейдтік шаралар өткізіліп, алыс елді мекен, қала маңындағы саяжайларда тұратын тұрмысы төмен отбасылары анықталатындығына тоқталды.

Баспасөз мәслихаты барысында облыстық білім басқармасының бастығы Лэйлә Базарқұлова акция аясында тұрмысы төмен отбасы балаларын мектепке қажетті киім және құралдармен қамтуда мемлекеттік органдар мен бизнес құрылымдары өкілдерін тарту мәселелері қолға алынып жатқандығын айтты. Сол себепті тұрмыстық жағдайдың төмендігіне байланысты мектеппен қамтылмайтын бірде-бір бала болмауы тиіс екендігін жеткізді.

Акцияның алғашқы күні облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен тұрмысы төмен отбасыларынан 290 бала Балқаш көліне тегін демалдыруға жіберілді. Оларға "Нұр" мейрамханасы қызмет ететін болады.

● ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАНДАР

Облысымыздың әкімі С. Үмбетов облыс аумағында жылыжай салуға баса назарын аударып отырғаны белгілі. Халықты тұрғылықты жерінде қысы-жазы көкөніспен қамтамасыз ету – маңызды. Ел-жұрттың сұранысын өтейтін мұндай дүниелердің ауыл-ауылдарда бой көтергені – игілік.

Жылыжайлар көбейеді

Қанат БІРЖАНСАЛ,
«Жетісу»

Райымбек ауданында бұл мәселе рет-ретімен шешімін тауып, игілікті жұмыс іздегі арнасын сала бастады. Алғаш бұл Сарыжаз ауылындағы №8 кәсіптік мектеп жанынан ашылған. Онда тұрақты роза гүлдері де өседі. Одан соң жылыжай Жаланаш ауылындағы оқу-өндірістік комбинатының жанынан бой көтерді. Бақытгүл Үзакова басқаратын бұл ұжым Қытайдан ағаш жиһаздарын жасайтын көк тал әкеліп, қаптата өсіріп отырған жайлары бар. Жылыжай дәл қазіргі уақытта Нарынкөл, Жаланаш, Шалкөде ауылдарында салынуда. Мұндай дүние Текес ауылынан да бой көтермек. Қысы ұзақ, жазы салқын таулы өңір тұрғындары үшін жылыжайлардың әр ауылда болғаны абзал. Арна тартылды. Маңызды шаруа жалғасын таба береріне бек сенімдіміз.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

● АУДАННЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

АҚСУ ӨНЕРІ ТАЛДЫҚОРҒАН ТӨРІНДЕ

Облыс әкімі Серік Үмбетовтің бастамасымен қолға алынған мәдениет күндері аясында әр жұмада облыс орталығы Талдықорған қаласында өтетін шараның халыққа берерінің мол екендігі күн өткен сайын айқындалуда. Міне, осындай берері көп бастаманың бұл аптадағы реті Ілиястай ақынды өмірге әкелген арыңды Ақсу жұртына келіп отыр. Облыс орталығында екі күн қонақта болып, бары мен базарын ортаға салған ауылдағы ағайынның жаңалығымен С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада өткен «Тарихтың күәсі – елдіктің тұмары» атты тарихи-танымдық конференция мен орталық алаңдағы көрме және аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасында көз жеткіздік. Сонымен бірге аудан делегациясы облыс әкімінің қабылдауында болып, өңірімізде атқарылып жатқан іргелі істерден де хабар алып қайтты.

(Мәдениет күні жайындағы көңейтілген есеп газетіміздің келесі санында жариялнады).

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№119 (17245) сенбі, 24 қазан, 2009 жыл

Бағасы келісімді

Интернатқа қамқорлық

Жетісу жерінде

Райымбек ауданында жетім және жартылай жетім балаларға арналған екі интернат жұмыс істейді. Оның бірі Тасашы ауылындағы орта мектептің жанына орналасқан. Қамқорлық қушағына алынған балалар үйі жылы да жайлы.

К. БІРЖАНСАЛҰЛЫ,
"Жетісу"

Тасашыдағы интернатта 64 бала тұрып жатыр. Оларға 4 уақыт тамақ беріледі. Өткен жылы аудан әкімі Аян Айтжановтың араласуымен интернаттағы балалардың жататын төсектері, катты және жұмсақ заттары жаңартылды. Бағдат Ибрайымбаев басқаратын Тасашы орта мектебі аталған интернатты тұрақты қамқорлыққа алған. Міндетті оқу қорынан көтікемек жасалады. Балалар үшін шағын да болса ыңғайлы монша жасалғанын айта кету керек. Интернатта балалардың жұлынуына, демалуына басқа да жағдайларына қолайлы жағдай жасалынған. Биыл «Өркен» қоғамдық қоры түрмыска қажетті заттар, спорт тауарларын, балаларға жылы киімдерін тарту етті. Мұқаметәли және Әбділда Керімқұлов секілді азаматтар интернаттағы балаларға ордайым қамқор қолдарын созып отырады.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

АПТА ТЫНЫСЫ

19 қазанда облыс әкімі Серік Үмбетовтің төрағалығымен облыс әкімдігінің мәжілісі өтті. Басқосуда «Облыстың 2009 жылғы қорытындысын және әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді кезеңге арналған 2010-2014 жылдарға арналған бюджеттік жоспарын бекіту туралы» мәселе қаралды.

* * *

20 қазанда облыс әкімінің орынбасарларының бірі Таукенов пен Серік Мұқанов ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімовтің төрағалығымен өткен селекторлық кеңеске қатысты. Кеңесте елімізде үстіміздегі жылдың 9 айындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы мәселе талқыланды.

* * *

20 қазан күні облыс басшысы Серік Үмбетов жұмыс сапарымен Балқаш ауданында болып, Сарыбастау ауылдық округінің Ақжар ауылындағы Мәдениет үйінің және Қарой ауылындағы балық өндіру зауытының ашылу салтанаттарына қатысты.

* * *

21 қазанда облыс әкімі Серік Үмбетов Балқаш ауданында жоғары нәтижелі мал өсіруімен айналысатын «Шенеда Рамен және К» серіктестігінің, «Демеуқара» өндірістік кооперативін аралады.

* * *

22 қазанда облыс әкімінің орынбасары Болат Таукенов ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарының тұратын жұмыс тобымен бірге Текелі қаласындағы Орталық Азия университеті құрылымының бірқатарымен, сол сияқты университет жанындағы Кәсіби және ұзіндісі білім беру мектебінің жұмысымен танысты.

* * *

22 қазанда Серік Өбенқұлы жұмыс сапарымен Жамбыл ауданында болып, онда белгілі қаламгер Балғабек Қыдырбекұлына арналған ескерткіш бюстің ашыту салтанатына қатысты.

* * *

23 қазан күні облыс басшысы Серік Үмбетов Қарасай ауданының 80 жылдығына арналған мерекелік шараларға қатысты.

* * *

Өр сенбі сайын Алматы Тапшысағлан, Қаптағай қалаларында Алматы облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қатысуымен жәрмеңке өтеді.

* * *

Бүгін облыс әкімінің бірінші орынбасары Аманғали Бағдәулетұлы тарихи орынымен «Жаңа картасының жүзеге асуру жөніндегі облыстық штабының кезекті отырысын өтеді.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

КЛАСТЕРДІ ДЕ БАЛҚАШТАН ТАПТЫҚ



Сурет түсірген Асқын ҚАЗАҚБАЙ.

Облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВТІҢ Балқаш ауданына арнаған жұмыс сапары Бақанас байтағындағы келесі бір берекелі өңірге қоныстанған Бақбақты, Миялы ауылдарында жалғасты. Бұл аймақта да жергілікті жерден шыққан мықты кәсіпкер – Бақыт Атайбековтың іскерлігі мен аймақтың бар мүмкіндігін тап басып, тиімді пайдалана білуі арқасында жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашқан және осында өндірілетін өнімдерді ауылда-ақ қайта өңдеуден өткізіп, кірісті молайтатын әсе маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Миялы ауылындағы шағын болса да шырапатты мешітті, бүкіл қуаныштар аталып өтілетін ордаға айналған тойхананы салып, дәріхананы ашып, көшелерді көріктендіріп, туған жерінің түтіні түзу ұшуы үшін мандайтерін шелектен төгіп жүрген Бақыт Атайбеков пен оның бауырлары ауыл тұрғындарын маңызды шараларға жұмылдырып, топтастырып отыр. Мәселен, Бақыт Атайбековтың өзі басқаратын «Динара» өндірістік кооперативі биылға дейін ауылдағы дәнді дақылдың ең негізгісі – ақ күрішті өндіріп, өңдеп, өткізіп, ел игілігіне асырып келсе, бүгінде жергілікті жердегі мүмкіндікті одан ары тереңдете зерттеп, соның арқасында бұл аймақта бұрын болмаған жаңа шараларды қолға ала бастады.

Болат АБАҒАН,
"Жетісу"

Сонын бірі ретінде осы кооператив құрамындағы «Динара Ранчо» ЖШС-нің өткен жылдан бастап Балқаш өңіріндегі ең өнімді тіркітін біріне айналуға тиісті етті бағытталған мал өсіруге зор көңіл бөліп отырғанын айта кеткен жөн. Бақытпен бауыры Ерік Атайбеков өзі басқаратын шаруашылықтың негізгі айналысар ісі ретінде асыл тұқымды мал өсіру бағдарламасын қолға алып, оны табысты жүзеге асыруға ат салысып жүр. Ал тағы бір бауыры Әбділманап Атайбеков «Ынтымақ-бай» атты шаруа қожалығының шаруасын шалқытып, екі мың бастан асатын «Дегерес» асыл тұқымды қойын өсіріп, бірнеше отбасына жұмыс тауып беріп отыр. Жалпы Атайбековтердің туған жерлерін дамытудағы, кластердің жүйені қолға алуағы ондағы істері. Миялы және Бақбақты ауылдарымен ғана емес, аудандағы, облыстағы белді деген кәсіпкерлерге үлгі болаарлықтай. Оған облыс әкімінің қасында жүрген яттары халыққа мәлім бизнесмендердің айтқаны арқылы да көз жеткіздік. Олар үлкейсек ұлкен шараларды тындырып үлгерген Бақытпен ісі осынша-лықты өрге басқанын білмешіз дегендей мойындалы.

Облыс әкімі бастаған, арасындағы журналистердің өзі бір кәуым ел болатын зор бірінші кезекте атбасын «Динара» өндірістік кооперативінің құрамындағы «Динара Ранчо» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бақбақты ауылы жанындағы ауқымы біраз жерді алып жатқан өндірістік кешенге бұрды. Бізлерді осы алаңның маңындағы жасанды көлшікте жапырласа жүзіп, жағалауында қатарласа сапта тізілің тұрған мыңдаған аппақ қаз көкүлді қарсы алды. Өткен жылдары Америкадан етті бағытағы «Герефорд» ірі қара тұқымын әкеліп, оны кезінде осы тұқымнан тараған «Қазақтың ақ бас сиырымен» бірге бағып-қағып отырған серіктестік осы көктемде бүгінде сатылымда мүлде сирек кеткен қаз етін өндіруді жолға қою мақсатында қаз өсіруді қолға алыпты. Осы мақсатта айлап зерттеу жүргізгендердің айтуына қарағанда, Балқаш өңірінде шаруашылығын дамытуға да аса қолайлы. Алдымен барлық мүмкіндікті ойластырып алғандар Павлодар облысына арнайы ат арытып барып, сондағы ұсақ шаруашылықтардан «Рязанская» тұқымды 6500 қаз әкелді, бағып-қағып жеткен көреді. Алдағы кезде инкубатор орнатып, амандық болса, келер жылы Башқұртстаннан қазбен етті тұқымдарын жеткізіп, кокуы көптігімен бірге жеңіл қорытылатын етті, мынық жүнді де мол беретін құстың санын жылына мыңға апаруды көздеп отыр. Сонымен бірге Миялы ауылында салынып жатқан, сағатына 500 қазды сойып, етін өңдейтін қытайлық зауыттың құрылысы да аяқталып қалыпты.

Мына айтып өткеніміздей, серіктестікте етті бағыттағы ірі қара да өсіріледі. Қазіргі кезде мұнда 1267 бас ірі қара бар, оның 831 басы «Герефорд» тұқымы болса, 436-сы «Қазақтың ақ бас сиыры». Етті мол беретін осы тұқымдардың бұқаларының сазмағы 1000 – 1300 келіге дейін, сиырларының салмағы 700 – 800 келіге дейін тартады екен. Бақбақты ауылы жанындағы өндірістік кешенде мазды бордақылайтын алаң жабдықталып, алғашқы ірі қаралар семіртілуге қойылыпты. Олардың барлығы жоғарыда айтылған «Герефорд» және «Қазақтың ақ бас сиыры» тұқымдары. Бір ғажабы осы сиырлардың қысқы төлдерінің орташа салмағы 230 келіге жетіп қойса, жазда тугандарының салмағы жүз келіден асып жығылыпты. Осы жердегі техникалардың барлығы озық үлгідегі, шетелдік машиналар. Мәселен, картопты отырғызатын, жинайтын, күріш орғытын комбайндар, қуаттылығы әр түрлі тракторлардың барлығы жаңа. Облыс басшысы осыларды өз көзімен көру және жұмыс жайын білу барысында Бақыт Атайбековтың шаруасына көңілі толғанын жасырған жоқ.

Соңы 2-бетте.

Алматы облысы әділет департаменті 2009 жылдың 26-30 қазаны аралығында «Ашық есік» күндерін жариялайды және Алматы облысы әділет департаментінің бастығы Ш. Сұлтанхан және Талдықорған қаласы әділет басқармасының бастығы Р. Қыстаубаева Талдықорған қаласы тұрғындарының жеке сұрақтары бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы мекемесінде 2009 жылдың 29 қазанында, сағат 10.00-ден – 13.00-ге дейін азаматтарды қабылдау өткізеді.

2009 жылғы 27 қазанда сағат 12.00-де Талдықорған қаласындағы "Жетісу" стадионында «Менің Отаным – Қазақстан» атты облыстық жастар форумы өтеді.

● ГАЗЕТ СӨЗІ МЫҢ КҮНДІК...

Бәшен ҚОРАЗОВ, зейнеткер, байырғы оқырман:

Гүлнәр қарындасымды асыға күтемін



Біздің ауылда газет-журнал, хат-хабар аптасында үш рет таратылады. Мен шығымды айтсам, почта келетін күні Гүлнәр қарындасымды асыға күтіп тұрамын. Гүлнәр кіші демей, жас демей ауылымдағы зейнеткерлерге ауырсынбай әр үйге мерзімді басылымдар мен хат-хабарларды үлестіріп жүргені. Гүлнәрді асыға күтетінім мен бірінше газет пен журнал жазылырып алдым. Балаларымның да сүйікті басылымдары бар. Біздің үйдегі кеторда Гүлнәрдің сәмкесін біршама жеңілдеген қалатын шығар.

Аудандық газет аптасына бір-ақ рет шығады. Ал «Жетісу» үш рет келеді. Қолыма алдымен «Жетісуды» аламын. Бірінші беттегі ресми хабарлардан бастап, соңғы бетке дейін түгастай оқып шығамын. Газет жалпы барлық салаңы қамтуға тырысады. Жақсы оқылады. Басылымның макеті, жалпы безендірілуі көз тартарлықтай. Көтерілі жатқан мәселелері де салмақты. Мысалы, Ж. Әмірееннің «Дария кеуде кірпіктер қайда?», «К. Қайранбаевтың «Жағымпаздық қасиет пе, қасірет пе?» атты мақалалары оқырмандар арасында қатты пікірталас туғызды. Осындай жұртшылық көңілінен шығатын материалдар жиі жарияланып, оқырмандардың да пікір мен ойқарастары газет бетінен көрініс тапса нұр үстіне нұр болар еді.

«Жетісу» кейінгі жылдары үлкен форматпен, түрлі-түсті болып шығып жүр. Сапасына қарай тарадымы да жақсы. Тарихи мақалалары мен жас ақын-жазушылардың туындыларын да сүйсіне оқимын. Өткен жылдан бері газет ішіндегі газет – «Ардагер» шыққалы сүйікті басылымға деген құрметім арта түсті. Мен газетті сынықдан ұлақтым. Сейтсе де байырғы оқырман ретінде өз пікірімді білдіресем деймін.

«Ардагердің» бетінен гибратты мол баталар, қысқа да нұсқа нақыл сөздер көбірек орын алса. «Жетісу» бетінде түрлі салалар бойынша термин сөздердің баламасы, Кеңестер кезеңіндегідей «Кітап-пошта-меннің» мекемелерінде, әрбір сала бойынша кажетті кітаптарды, оқулықтарды, сөздіктерді кайдан сатып алуға болатыны жөнінде кеңестер берілін тұрса құба-құп. Газет бетінен балаларға арналған әңгіме, ертегілерді кездестіре алмаймыз. Қария сөздер, кисалі сөздер, ырым-тыйымдар жөнінде мәлімет жазылса дұрыс болар еді. Мысалы, жеті қазына, жеті ата, жеті өнер, жеті ниет секілді. Немерелерімізге осы мәселе жөнінде түсіндіре алмай жүрміз.

Газеттің соңғы бетінің қызықты болып шыққанын қалаймын. Бағзыда кітап болып шыққан шешендік сөздерді көшіріп «Сөз маржан» жасағанын гөрі бау-бақша өсірушілерге, малшыларға, құрылысшыларға, көлікшілерге, аспазшыларға айналысушыларға арналған пайдалы кеңестер берілсе жөн болар ма еді. Әр айдың басында осы айдың ерекшеліктері, айшықты даталар, қандай ғылымын жаңалықтар ашылғандығы туралы алдын ала берілін тұрса, оқырмандарға арналған сөзжұмбақтар, есепкисаптар, шахмат, доминолар, тоғызқұмалақ есептері үзбей жарияланып тұрса, әсіресе, жастардың танымын жетілдіруге көп көмегі тиер сияқты.

Басқа облыстардың газеттері қалай шығатынын білмеймін. Ал Алматы облыстық «Жетісу» газеті жақсы шығады. Тіпті республикалық басылымдардың көбінен облыстық газет асып түседі десем артық кеткендік емес. Сөз соңында «Жетісу» шығаратын шығармашылық ұжымға зор табыс тілеймін.

(3-бетке назар аударыңыз).

ЖАЗУШЫНЫҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

туған жерінде тұлғалана түсті



Жыырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегі бұл өңірге де қилы-қуат өзгерістер әкелді, жаңа дәуірдің жасампаз тіршілігіне жалпы жұрттың ықыластары жақын сала араласты. Солардың бірі, әрі бірегейі Орал Жаңғызов болатын. Ол өзінің жеті-сегіз үй тұсқасының Акселігір өзенінің арнасындағы жайлы қонысқа көшіріп, болашақ ауылдың алғашқы қадасын қаққанда, бұл жер Қарасаз аталыпты. Кейіннен Орал Жаңғозстың, қайран арлақ құтын-сұрғінге ұшырап оның болған соң, кеңестік тәжірбісін В. Ленинның атымен аталған ауыл енді, міне, Алатаудың асқақ ұлы, қазақ әдебиеті мен журналистикасына өшпес із қалдырған Балғабек Қыдырбекұлының есімін еншілеген.

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ,
"Жетісу"

Бұл ауылдың алғашқы түтінін түзу ұшырған 45 отбасының тізімінде Балғабектің әкесі Тайбағаров Қыдырбек пен анасы Нұрилаңның есімі аталады. Содан бері Қарасаздан қанша су аққанын бір Алла ғана білер, әл қазіргі өмірі, расында, замана үрдісіне сай жаңарған үстіне жаңара түсуде.

Осы ауылдан шыққан тұлғалы жазушы, белгілі қоғам қайраткері Балғабек Қыдырбекұлы 1995 жылы алпыс алты жасында дүниеден қайтты. Артына әдеби мол мұра қалдырды. Тәуелсіздіктің елең-алаңында депутаттық қызметпен сай бик мінберлерден байсалды сөз сөйледі, тұщымды шәкірлер қонғалы, ұлтының қамын жеді, ойға алған ұсыныстарын ортаға салды. Қағидаға берік, адалдық пен әділетті ту көтерген тұрағыл шешен еді. Ел тарихын жаңғыртуға бірқатар үлес қосты, қазақтың майекті тілін сақтауды ұрпаққа үлемі ұлағат етті. Жалтармас өткірлігі, бекзат текті болмысы айналасына үлгі болды.

Ауылдастары мен көпшілік оқырманы Балғабекті бірегей тұлға ретінде бағалады, есімін есте қалдыру шараларын ойластырып, ауыл мен орта мектепте атын берді. Сол мектептің қабырғасында білім алып жүрген 301 оқушы мен 34 мұғалім бұл және жор қуанышқа кенелді. «Жол картасы» бағдарламасына сай бюджеттен 124 млн. теңге қаржы бөлініп, «Амал» өндірістік кооперативі күрделі жөндеуден өткізген мектептің дәл қазіргі келбетін хан сарайындай деп әспеттесек жарасады.

Жазушының бюст ескерткішін ашу салтанатына Алматы облысының әкімі **Серік Үмбетов** мырза қатысып, сөз сөйледі.

– Балғабек ағамызбен тірлігінде сан рет дидарласудың сәті түсті. Болмысына сай білікті, парасат иесі болатын. Халықтық талым-тәрбиеге сүйегіне терең сіңген, аттап басқан әрекетінің бәрі ата дәстүріне лайық өнеге еді. Мен ол кісімен бұрынғы Күрті ауданының басшылығына жаңа келген кезімде, Өтеген-Қазыбек тууы биігіне Қазыбек бектің ескерткішін салу жұмысы барысында етене араластым, – деп бастаған әңгімесін облыс әкімі естеліктерін жалғастырды.

– Бірде ағамен қосылып ескерткіштің басына баруға тура келді. Қасымызда ақуыл Сапура жеңгеміз бар. Балғабек ага жұбайына жалт бұрылды да: «Сен немене, атаның басына жайлы мәшинемен шайқатылып бармақсың ба, тус!» – деді. Жеңгемізге айтқаны бәрімізге айтқаны. Ошарыла түсіп қалдық. Аралық біршама жер. Қаланың асфальтында жүруге ғана әриалған ақ киімен, қымыр-қияғаш тастардың арасын кимпа басып Сапура жеңгей ілесті. Міне, қазақы расым, салт сақтаудың өнегесі деген қандай! Біле білгенге бұл да сабақ. Сол күні баба рухына тағзым ете барған Балғабек ағаның балаша егілгенін көзім көрді. Перзенттік парызын терең түсінген, аруақ ардақтаған ұлдың жүрегі ғана осылай елжіресе керек.

Өзім қызмет атқарған кезеңде, есептеп көрсек, қырық ескерткіш, төрт мешіт, бір кесене тұрғызуға атсалысыппын. Мына Балғабек ағамыздың бюсті қырық бесінші ескерткіш екен. Осының бәрі Елбасымның тікелей қолдауы арқылы ертеңгі болашақтың тәрбиесі үшін жасалған тірлік, тарихымызды тану, ерендер тұлғасын мәңгі кастерлеу бағытында атқарылған көрнекті жұмыстар деген орынды. Ешкім мәңгілік емес. Елдің көркі өз ардақтарының есімімен мұраланады, рухани, тарихи мұрасымен ғана биіктейді. Осыны түсінген лазым.

Салтанатта Балғабек ағамыздың курстасы, мемлекетіміздің сіңбек сіңірген ғылым қайраткері, профессор Тұрсынбек Кәкішев замандас, сырлас досын тебірене еске алды.

– Бүтін мен шын көңіліммен еліме елеулі қызмет етіп жүрген ардақты Серік ініме Балғабек досымның рух разылығы үшін шапан жаппақпын. Өркені өссін, өрісі ұзарсын! Азаматтың азаматтығын осындай жерде айтқан дұрыс. Ал, сіздерден елдерінізде той көбейсін. Ардақтыларыңызды құрметтей беріңіздер! – деп, Тұрсынбек ага кішіпілік алқында ағынан ақтарыла сөйледі.

– Бәкең мына Алматыда жүрсе де ақпай ауылын сағынып тұратын. Жиі келіп, аяну қыр бөлестерге шығып ән салғанды ұнатушы еді. Көшеде бір жеңгесі кездесе қалса, «Бұл ағамыздан бес-алты бала алып қалған нағыз герой ғой» деп, көтермелей сөйлейтін. Қалжыңы жарасатын, ерке-лейтін, еркелете де білетін. Бүтін енді өзі болмаса да, мына тас тұғырға қондырылған мүсіні арамарынызға жылдар салып оралғанына қуаныштымын.

Мектеп жақсы жөнделіпті. Әсіресе, балалар мәз. Соны көріп риза болдым. Басшылықтағы азаматтарға мың да бір рахмет! Балғабек бір кездері жапонның киносын көріп отырып: «Шіркін, өзін-өзі басқарған, өз тілінде сөйлейтін осылардың бақытты кім бар?!» – деп тамсанатын. «Қазының бәрі қалмақтың атымен аталып жүр», – деп қарадай қынжылатын. Елім дегенде сезімі сергек жан еді ғой. Сол арманда-ры бірпіндеп орындалып келеді. Не айтайын, жер мен су, ел аман болсын! Елді басқарып жүрген азаматтар аман болсын. Інілеріне көп-көп рахмет! – деді Қыдырбекелінді Сапура Сейдалықызы шын аналық ризашылығымен.

Берекелі күздің бұл күні мәзам шуақ мейірін аямай төкті. Салтанатқа жиналған дүйім жұртшылық мектептің атшаптырым ауласына әрең сыйды. Ақ жамылғы баяу мсырылып, Балғабек ағаның гранит мүсіні жарқ ете қалғанда, шарлар шоғыры кекке әуелеп, шашу шашылды. Жарық дүниеде жүрген кезінде ұлтын шексіз сүйген, шымыр асықтай жазушы ұлының тастан қашалған жарқын бейнесімен жүзбесу дұыдас ағайын үшін ұлығында, шексіз қуаныш еді. Бұл мүсінді орнатуға 7 миллионға жуық айналасын көрсетілді жинақтаудың және 3 млн. 800 мың теңге бөлінгенін, оны қаланған Қазыбек Жарылғанов атты мүсінші екенін біле жүрулеріңіз жөн.

Облыс әкімі бастаған қонақтар легі, замандастары, «Егемен Қазақстан» газетінде бірге қызмет атқарған әріптестері кайраткер жазушының мектептегі мұражайымен танысты, интерактивті сабақтың барысына зер салды. Асхананы, спорт залын, технология кабинеттерін аралады. Мәжіліс залында балғын шәкірттердің концертін тамашалады.

Тал түсте кешегі Қарасаз, бүгінгі Балғабек ауылының батыс жағындағы өзен аңғары тіпті жайнап сала берді. Думанды той салтанаты енді осында жалғасып, оның сахнасынан облыстық филармонияның, аудандық мәдениет бөлімінің өнерпаздары ән шырқады. Ағынын өзі кішкіл, көпшілігі адам болатын. Ағайындары осында ескерсе керек, ақ дастарқан басында ардақты меймандарын төрдей күтіп, төргі шығарды. Ендеше, осы шараның бәрін ойлағандай ұйымдастырған Жамбыл және Қарасай ауданының азаматтарына «қырық-тың бірі қызыр» санаатын көпшілік тарынын берген ақ батасы ардайым қабыл болсын дейміз.

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ТЕКЕЛІДЕ

Жақында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Үсенкелді МЕДЕУОВ, Алдан СМАЙЫЛ және Амангелді МОМЫШЕВТАР облысымызға арнайы іссапармен келіп кетті.

Халық қалаулылары ең алдымен Текелі қаласындағы тау бөктерінен орын алып, жаңа басталған Орталық Азия университетінің құрылыс жұмысымен және оқыту жүйесімен танысып қайтты. Облыс аймағына келген депутаттар тобын облыс әкімінің орынбасары Болат Тәкенов пен облыстық мәслихаттың хатшысы Ардақ Сылық бастап жүрді.

Орталық Азия университеті (ОАУ) 2000 жылы Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан Үкіметтері мен Жоғары Мәртебелі Ага Хан арасындағы келісім аясында құрылған. Ондағы мақсаты жалпы орталық Азияның, әсіресе, таулы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу болатын. Тау бөктеріндегі бас ғимараттан бастап, оқу корпустарының орналасуымен университеттің бас директоры Богдан Кравченко таныстырып шықты. Жақында ғана Парламенттің кезекті жылында көтерген «Текелі қаласындағы Орталық Азия университетінде (ОАУ) дінге сектальық жүйеде 550 бала оқып жатыр екен» деген сауалына толықтай жауап алып, ондай келеңсіз жағдайдың орын алмағанына көз жеткізген депутат Алдан Смайыл журналистерге берген сұхбатында «Құрылыс жұмысы енді ғана басталып жатқан оқу орны болашақта дәл бүгін бізге берген есебіндей оқытатын болса, онда дұрыс әрі біздің елге пайдасы мол. Ол үшін Орталық Азия университетін қалағалап, тексеріп отырамыз. Ал дін-экстремистік бағыттан ұлақ болғанына біз де қуаныш отырмыз», – деп атап өтті.

Ең алғаш дін сектальық бағытта оқытып жатыр деген естігенде ел құлағы елең ете қалғаны шындық. Астанадан арнайы әтбасын бұрған халық қалаулылары іргемізді бүтін, ел іші тыныш екеніне, көздері көріп, көңілдері сенің қайтты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

● СЕМИНАР

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Президент Жолдауын насихаттау және үкіметтік емес ұйымдардың саяси сауаттылығын арттыру мақсатында белгілі саясаттанушы, «Демократияны оқыту және тарату» орталығының жетекшісі Дос Көшім облыс аумағындағы тіркеуден өткен YEY жетекшілерімен кездесті. Талдықорған қаласындағы А. Жолдасбеков атындағы құқық және бизнес академиясының жиын залында өткен «Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қатынасы» атты семинарда YEY жұмысын жандандыру мен мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту жолдары сөз болды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Қазір облысымызда 170-ке жуық үкіметтік емес ұйым бар, оның 40 пайызға жуығы ғана қазақ тілінде жұмыс жасайды. Облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Ғалиаскар Сарыбаевтың айтуынша, үкіметтік емес ұйымдардың іс қағаздарын жазудағы саяси сауаттылығы әлі де болса төмен. Оның үстіне қазақ тілді ұйымдардың дені ауылда болғандықтан, жыл сайын өтетін облыс әкімінің грантын қалалы жерлердегі ұйымдар еншілеп отыр. Бұған да жоғарыда айтылған жағдай ықпал етіп келеді.

Иә, қазақ тілді ұйымдар семинар, акция жиындарды қалай өткізгені жөн. Қазір YEY осы мәселені талқылау үстінде. Өйткені, қоғамдық ұйымдар әрқандай шараны өткізбес бұрын оның жобажоспарын дайындайды. Жергілікті билікке өтініш жазып, рұқсат алады. Тағы да толтыратын бірқатар ресми құжаттар бар. Қазақ тілді ұйым өкілдері сол құжаттарды жазуда қиналатыны рас. Осыған байланысты Дос Көшім саяси сауаттылықтың маңыздылығы мен құжаттарды реттеу барысын толықданды түсіндіріп өтті.

Осыдан кейін билік пен үкіметтік емес ұйымдардың қатынасы өңгіме өзегіне айналды. Ерине, үкіметтік емес ұйымдар тәуелсіздік алған жылдардан бастап азаматтық қоғамның ажырамас бір бөлігіне айналды. Егеменділіктің алғашқы жылдарындағы көптеген қиыншылықтар билік пен үкіметтік емес ұйымдардың толық деңгейде өзара әрекеттесуіне мүмкіндік бермей келді. Дегенмен, соңғы үш-төрт жыл ішінде билік пен YEY өзара түсіністеушілік пен кіналауды қойып, әріптестік байланысқа көшті. Өйткені, үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруда билікпен бірлесіп жұмыс атқарады. Осы барыстағы толғамды ойларымен бөліскен қауым билігінің биігіне жете алмай отырған қазақ тілінің жағдайына да тоқталды. Көпшіліктен түскен пікірлерге сүйенсек, қазақ тілді ұйымдардың қадамын аштырмай отырған себептердің бір ұшы да осыған тіреледі.

Бұл шара өңірімізде алғашқы рет өтсе де, нәтижесі қомақты болады. Үкіметтік емес ұйым өкілдері өз жұмыстарына тың мұқалулар алса, саясаттанушы азаматтық қоғам құру барысында ескерер кейбір жайды бағамдап қайтты. Мұндай семинар алдағы күнде де жалғасады.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫН АРТТЫРУ, БІЛІМ БЕРУ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДА ЖАЗЫЛЫП ЖАТҚАН ДҮНИЕЛЕР ӘРБІР ТҮРҒЫНМЕН ТІКЕ ҚАТЫСТЫ.

e-mail: Jetisu2002@mail.ru Жетісу 90/ Сенбі, 6 желтоқсан, 2008 жыл



«Жетісу» газетінің журналистері Үйғыр ауданындағы оқырмандармен кездесті

ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛ БІРЛІКТІ



Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
Қажет АНДАС,
Асхат ҚАЖЕКЕ. (фото)

«Газет бүлік пен халықтың ортасындағы алтын көпір» деген емес пе?! Солықтан облысымыздағы ең шалғай аудандарың бірі Үйғыр ауданына арнайы барып, түкпірдегі ауылдардағы қарапайым халқын оқырмандарымызбен жүзбе-жүз кездесін, олардың мұң-мұқтажын тыңдап, келелі ой, кәсімді пікірлерін газет бетінде жариялауды мақсат еттік. Нәтижесі жақсы. Ауыл халқы кезінділіктен құтылып, ірілі-ұсақты өндіріс орындарын ашып, кәсіпкерлерін тауып жүр. Әрине, Кетпен қыраттарының бауырында орналасқандықтан шұрайлы алқаға жылқы үйір-үйірімен, сиыр табынымен, қой отар-отарымен жайылып жүргені құнитты. Тағы бір гректе айта кетер жайт, тәуелсіз алпауыт құс фабрикасы ашылып, халықты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Елбасының сарабдал саясатында сәйкес, жариялылыққа да бұл өлкеде жарқын жол ашылыпты. Осы жолғы сапарымызда Үйғыр ауданының әкімі Қожағұл ОМАРОВТЫҢ арнайы қабылдауында болып, онымен бірге аудан орталығындағы құқық қорғау органдарын араладық. Келесі күні басым бөлігі Үйғыр ұлты тұратын Ават ауылында, сосын 100 пайыз қазақтар мекен еткен Сүмбе ауылына аттасын бұрдық. Оңдағы мақсат – азаматтардың конституциялық құқықтары дұрыс қорғалуда ма? Әлеуметтік жағдайлары ше? Білім, денсаулық және тағы басқа салаларда қандай мәселелер бар екендігін естіп, білік, газет арқылы тиісті орындар назарына ұсыну еді. Бұл ойымызды халыққа ашық айттық. Тұтастай алғанда, елдің құқықтық мәдениеті жедел дамып келеді екен. Өзге мәселелер де оңды шешімін тауып отырғандығын сол халықтың өз аузынан естіп, көңіл хошы көтерілді. Ең бастысы оқырмандарымыз «Жетісу» газетін өздерімен бірге ала келіп, мына мәселе дұрыс қамтылыпты, мына жайт өте жақсы жазылыпты дегендей әңгімелер қозғап, «Жетісулық» журналистерге оңды бағаларын беріп жатты.

ШОНЖЫДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Сот жүйесінде: Үйғыр ауданының әкімі Қожағұл Омаровтың бастауымен бірінші кездесуді аудандық сот ұжымында өткіздік. Аудандық соттың төрағасы Бақытбай Бірімқұлов және өзге судьялар мен қызметкерлер де біздің оқырмандарымыз болып шықты. Газет жайлы өзіндік пікірлерін ашық айтты. Әрине, біздің көздеген мақсатымыз оқырмандарымыздың сот жүйесіне қатысты мәселелері болды. Шынтуайтына келгенде, бүгінде аудандық сотта қаралатын істердің басым бөлігін жеке тұлғалар мен банктер арасындағы даудамайлар құрайды екен. Кезінде несиені дәмай алғандырымен оны қайтарута келгенде тежелып қалған жандарға не дерсің? Қалай десек те, мұнда қарақұлды қақ жарып, дауласушы жақтардың бірі жеңіп, екіншісі жеңіліп жатпағаны анық. Сондықтан кеңі келген іске сонау иүктеуі қиятын сот болып табылатынын Ата Заңымызға айқын жазылған. Бұл – бір. Екіншіден, газетіміздің оқырмандары ретінде сұрақтарына сыр тартқанымызда Қожағұл Аманұлы: «Сот жүйесінде «Жетісу» газетіне жазатұғын бұрысы қалай?» деп көңілдегі сұрақты дәп басты. Сот төрағасы дұрыс мәліметтерді кездіре отырып, Үйғыр аудандық соты ұжымы қызметкерлері «Жетісу» газетіне келесі жылға толық жазылғандығынан хабардар етті.

Ішкі істер органында: Тағыда таңа Райымбек ауданында, осы Үйғыр аудандық ішкі істер басқармасының басты шаруашылық қызметін ауыстырып (ротация) ауысып келген полиция полковнигі Ержан Жолаев басқаған полиция қызметкерлері бізді жылышырайымен қарсы алды. Әуелгі кезекте, полиция бастығының аудан аумағындағы қоғамдық тәртіпті, жалпы қылмыстық оқиғалардың мән-жайы туралы особи тыңдадық. Тұтастай алғанда аз мерзімде көп жұмыс атқарылыпты. Нақтылай түсек, нетізгі мәселелер дұрыс жүйеге қойыла бастаған. Зан бұтушылық өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 27 пайызға кемпетіпті. Географиялық орналасу мүмкіндігінің орай бұл аудан да шекаралық аймаққа жатады. Сондықтан жауапкершілік жүті де басым. Бұрнағы жылдары мал ұрлығы және ұлттаралық мәселелерге қатысты дау-дамайлар туындап тұратын еді. Бүтінде полиция сол проблемалардың алдын алу шараларына кіріскені көңілді толтырады.

– Жұмысымыздың нетізгі бір тармағы бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты болады. Өтім дг, орынбасарым Рысқелді Рахметдинов және өзге қызметкерлерім де мерзімдік басылымдарды жібермей оқиымыз. Келесі 2009 жылға 20 мың теңгенің газет, журналына жазылдым. Осы үлгімді орынбасарларым мен өзге қызметкерлерім дұрыс орылған, нәтижесінде газет-журналдарға сапалы жазыла бідік, – деді **Ержан ЖОЛАЕВ.**

Әділет басқармасында: Әрине, әділет басқармасындағы кездесу олардың халықтың көңілінен шығу, шықпауларын жайында өрбіді. Аудандық әділет басқармасының бастығы Айдар Келменбетов «Бір терезе» қағидаты бойынша халыққа 25 түрлі қызмет көрсетілетіндігін паш етті. Шағын кездесуде аталған басқарманың қызметкерлері Гүлбану Қыдырбаева, Зүлфия Ярмахамбетовалар «Жетісу» газетіне бірінші кезекте жазылғандықтарын мәлім етті. Зан саласының қызметкерлері екендіктерін ұрымтал сәтте бір дәлелдеп алғылары келді ме екен, сол газеттерге жазылған түбіртектерін де аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бастығы Гүлжахан Әлекеевага көрсетіп қалды. Әділет басқармасының бастығы Айдар Келменбетов: – Біз газетке жазылу науқанын ұйымдастырып, ауылдық округтерге тарадық. Ондағы мақсат – халықтың газетке деген сұранысын анықтау еді. Ауылдық округтерге жазылу науқанын ұйымдастырғанда, газетке жазылуға ниет білдіргендер өте көп болды. Бірақ, ауылдық округтерде газет таратушылар жоқ. Сондықтан газетті ауылдық округтерге жеткізу мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Газетке жазылуға ниет білдіргендердің тізімін ұсынамыз. Газетті ауылдық округтерге жеткізу мәселесін шешуге көмектесеміз, – деді.

Ішкі істер органында: Тағыда таңа Райымбек ауданында, осы Үйғыр аудандық ішкі істер басқармасының басты шаруашылық қызметін ауыстырып (ротация) ауысып келген полиция полковнигі Ержан Жолаев басқаған полиция қызметкерлері бізді жылышырайымен қарсы алды. Әуелгі кезекте, полиция бастығының аудан аумағындағы қоғамдық тәртіпті, жалпы қылмыстық оқиғалардың мән-жайы туралы особи тыңдадық. Тұтастай алғанда аз мерзімде көп жұмыс атқарылыпты. Нақтылай түсек, нетізгі мәселелер дұрыс жүйеге қойыла бастаған. Зан бұтушылық өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 27 пайызға кемпетіпті. Географиялық орналасу мүмкіндігінің орай бұл аудан да шекаралық аймаққа жатады. Сондықтан жауапкершілік жүті де басым. Бұрнағы жылдары мал ұрлығы және ұлттаралық мәселелерге қатысты дау-дамайлар туындап тұратын еді. Бүтінде полиция сол проблемалардың алдын алу шараларына кіріскені көңілді толтырады.

– Жұмысымыздың нетізгі бір тармағы бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты болады. Өтім дг, орынбасарым Рысқелді Рахметдинов және өзге қызметкерлерім де мерзімдік басылымдарды жібермей оқиымыз. Келесі 2009 жылға 20 мың теңгенің газет, журналына жазылдым. Осы үлгімді орынбасарларым мен өзге қызметкерлерім дұрыс орылған, нәтижесінде газет-журналдарға сапалы жазыла бідік, – деді **Ержан ЖОЛАЕВ.**

Әділет басқармасында: Әрине, әділет басқармасындағы кездесу олардың халықтың көңілінен шығу, шықпауларын жайында өрбіді. Аудандық әділет басқармасының бастығы Айдар Келменбетов «Бір терезе» қағидаты бойынша халыққа 25 түрлі қызмет көрсетілетіндігін паш етті. Шағын кездесуде аталған басқарманың қызметкерлері Гүлбану Қыдырбаева, Зүлфия Ярмахамбетовалар «Жетісу» газетіне бірінші кезекте жазылғандықтарын мәлім етті. Зан саласының қызметкерлері екендіктерін ұрымтал сәтте бір дәлелдеп алғылары келді ме екен, сол газеттерге жазылған түбіртектерін де аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бастығы Гүлжахан Әлекеевага көрсетіп қалды. Әділет басқармасының бастығы Айдар Келменбетов: – Біз газетке жазылу науқанын ұйымдастырып, ауылдық округтерге тарадық. Ондағы мақсат – халықтың газетке деген сұранысын анықтау еді. Ауылдық округтерге жазылу науқанын ұйымдастырғанда, газетке жазылуға ниет білдіргендер өте көп болды. Бірақ, ауылдық округтерде газет таратушылар жоқ. Сондықтан газетті ауылдық округтерге жеткізу мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Газетке жазылуға ниет білдіргендердің тізімін ұсынамыз. Газетті ауылдық округтерге жеткізу мәселесін шешуге көмектесеміз, – деді.

АВАТ АУЫЛЫНДА

Мұнда *"Жетісу"* журналистерінің Үйғыр ауданы әкімінің орынбасары Шұхрат Нұрақунов, аудандық прокуратураның қызметкері Әбдірахман Үйсінбаев, "Нұр Отан" ХДП аудандық филиалының бірінші орынбасары Нұрәкім Есжанов, ішкі саясат бөлімінің бас маманы Жадыра Бейсенбекқалар болды.

Кездесуге ауыл үзкендері көп жиналыпты. Бәрі де "Жетісу" газетіне толық жазылғандықтарын айтып, жақсы ойларымен бөлісіп жатты. Ават селолық округінің әкімі Вахидин Амирдиновтың айтуынша, ауылымыздың тыныс-тіршілігі қалмды қуантады. Барлық іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі екен. Оның сыртында ауданда жұмыс істей бастаған "Құс фабрикасы" осы тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға себі тиіп жатқандығы бар. Аталмыш фабрикаға ауылдың 170 тұрғыны жұмысқа орналасыпты. "Ават" қазақтың "кеңесіп, дархан" деген сөзімен мәндес келсе керек. Ауылдың тынысы да кең. Қазіргі таңда екі мың бес жүзге жуық тұрғын тіркілік етіп жатыр. Бересілі ауылдың ынтымағы да жұмыс толтырып айтуға татиды. Олар кездесу барысында газет жайында жақсы тілектерін айтып, демеу беріп отырғаны көңілге қуаныш ұялатты. Ауыл ақсақалы Нақысбек Рысқелді тұрғындардың ынтымағы мен ырысын айта келіп:

–Тоқсанға толып отырған *"Жетісу"* газеті сырлас досымыз айналып кетті. Өйткені, аталмыш газетте ұлттық тәрбиеге қатысты, әсіресе, ұрпақтарды ынтелі өнірге, ынабатты-лыққа, имандылыққа жетелейтін тұшымды мақалалар беріліп тұрады. "Адам – адамнан ұлт алады" демекші, жастар міне, осы дүниелер арқылы ата дәстүрін біледі. Оны бойына сіңіреді, сондықтан жастардың көбірек газет оқып, бабалар құндылығынан сусындап отырғаны жөн, – деп сөзін түйіндеді.

Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Турсын АМАРОВ:

– Мен жыл сайын басқосуға жазылу басталғанда ең алдымен облыстық *"Жетісу"* газетіне жазыламын. Ол жаныңызға жақын басылым. Онда үлкендерге, жастарға арналған ұлағатты дүниелер көп. Тәуелсіздіктан бері *"Жетісу"* газетінің ішінен шыға бастаған "Ардагер" газет-кейіпкерлердің ізден жүріп оқитын құнтесіне айналды. Онда, жарияланған материалдарда аталардың ұрпаққа айтар өсиет-тағылымы жатыр. Ал жастар осы қарияларының ақыл-кеңесін алып ержетсе жаман болмайды. Мен газетте жарияланған ұлы тұлғалардың өмірін немесе олардың нақыл сөздерін айналамдағы адамдарға және балаларыма үнемі оқып беріп, оның маңызы түсіндіріп отырамын, – деп ағынан жарылды.

Әйелдер кеңесінің төрайымы Тамарам БАКИЕВА:

– Иә, қариясы бар ел – қазығы бар ел. Ақсақалдарымыздың ақыл-кеңесі, ұлағатты сөздері бізге қашанда қажет. Сондықтан газетіміз ақсақалдарымыздың ақыл-кеңесін алып, ұрпақтарға жеткізіп отырса, ол газетіміз ұлттық тәрбиеге қатысты, әсіресе, ұрпақтарды ынтелі өнірге, ынабатты-лыққа, имандылыққа жетелейтін тұшымды мақалалар беріліп тұрады. "Адам – адамнан ұлт алады" демекші, жастар міне, осы дүниелер арқылы ата дәстүрін біледі. Оны бойына сіңіреді, сондықтан жастардың көбірек газет оқып, бабалар құндылығынан сусындап отырғаны жөн, – деп сөзін түйіндеді.

Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Турсын АМАРОВ:

– Мен жыл сайын басқосуға жазылу басталғанда ең алдымен облыстық *"Жетісу"* газетіне жазыламын. Ол жаныңызға жақын басылым. Онда үлкендерге, жастарға арналған ұлағатты дүниелер көп. Тәуелсіздіктан бері *"Жетісу"* газетінің ішінен шыға бастаған "Ардагер" газет-кейіпкерлердің ізден жүріп оқитын құнтесіне айналды. Онда, жарияланған материалдарда аталардың ұрпаққа айтар өсиет-тағылымы жатыр. Ал жастар осы қарияларының ақыл-кеңесін алып ержетсе жаман болмайды. Мен газетте жарияланған ұлы тұлғалардың өмірін немесе олардың нақыл сөздерін айналамдағы адамдарға және балаларыма үнемі оқып беріп, оның маңызы түсіндіріп отырамын, – деп ағынан жарылды.

Әйелдер кеңесінің төрайымы Тамарам БАКИЕВА:

– Иә, қариясы бар ел – қазығы бар ел. Ақсақалдарымыздың ақыл-кеңесі, ұлағатты сөздері бізге қашанда қажет. Сондықтан газетіміз ақсақалдарымыздың ақыл-кеңесін алып, ұрпақтарға жеткізіп отырса, ол газетіміз ұлттық тәрбиеге қатысты, әсіресе, ұрпақтарды ынтелі өнірге, ынабатты-лыққа, имандылыққа жетелейтін тұшымды мақалалар беріліп тұрады. "Адам – адамнан ұлт алады" демекші, жастар міне, осы дүниелер арқылы ата дәстүрін біледі. Оны бойына сіңіреді, сондықтан жастардың көбірек газет оқып, бабалар құндылығынан сусындап отырғаны жөн, – деп сөзін түйіндеді.

СҮМБЕДЕГІ СӘТ

Сүмбе ауылының тамаша бейнесін ауылдың реттілігі мен ауыл адамдарының нетізгінен-ақ бірден білуге болады. Мұның өзінен аталмыш ауылда ұзақ жылдар жұмыс істеген, басшылық қызметтер атқарған қазіргі ауылдық округ әкімі Қалабай Мерейімжетің еңбегі көрініп тұр. Біз оқырмандармен Бірлік Сүмбе орта мектебінде кездестік. Алыстан ат арылтып тілшілер келіпті деген шығар, кездесуге келгендердің шоғыры көп. Ауыл ақсақалдары, әйелдер кеңесінің өкілдері, мұғалімдер, жастар ұйымдарының көшбасшылары дерлік жиналыпты.

Алдымен Қалабай Төлегенұлы ауыл тұрғындарын кездесудің мақсатымен таныстырып өткен соң, басқосуға жазылу кезі толық орындағанын және жалғасты жазылып жатқындығын айтып өтті. **Ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Мұталіп ОСКЕНБАЕВ** жас ұрпақты отаншыл, патриот етіп тәрбиелеу барысында бұқаралық ақпарат құралдарының атқарып жатқан істерін, соның ішінде *"Жетісу"* газетінің үлесін тілге тиек ете тұрып:

– Мен, әйнеткермін. Бірақ тұтас өмірім *"Жетісу"* газетімен бірге жасап, бірге өтті десем артық айтқандым емес. Біз осы басылымнан облысымызға болып жатқан ірегелі остерлі оқиғаларды отырамыз. Бұл көңілге медет береді. Мұның ішінде халықтың әлеуметтік жағдайын арттыру, білім беру, денсаулық сақтау саласында жасылып жатқан дүниелер әрбір тұрғынмен тіке қатысты. Оңдағы жаңалықтарымен дер кезінде таныс арқылы, сіздігі өткарлар шараларды пайымдан отырамын. Сондықтан осы ая басылымның бұдан да биікке шығ беруіне тілектеспін, – деп ағынан жарылды.

Зейнеткер, ақын Сапықбек ДУЛАТБЕК:

–Газет – өмірдің айнасы. Кезінде аталмыш газетте *"Жетісудың дүрбісі"* деген айдар болушы еді, онда жазылған сәдім тілегі орындалып жататын. Қазірде сол үрдісті қайталай жаңғыртса деген ойын бірдеңе келіп, ауылдық емханаңың қазіргі жағдайына тоқталды. Сүмбе ауылы облыс, аудан орталығынан шалғайда жатқандықтан тұрғындар дер кезінде медициналық көмек ала алмай қалатынын айта келіп, ауылдық емхананы қайталай жаңартып берудің жағарыға ұсынды. Сонымен бірге, аудандық газетті дербес қазақ тілінде шығару туралы да ұсыныс қойды.

Бірлік Сүмбе мектебінің мұғалімі Талғат МЫСАҚҰЛОВ:

– Біз *"Жетісу"* газетінің әр санын асыға күтеміз. Өйткені, ол мұғалімдердің шам-шырағы. Айына бір рет шығып тұратын мұғалімдерге арналған *"Зерде"* айдары бар. Онда біздің әріптестерміздің білім беру саласындағы ізденістері жарияланып отырады. Ал кейде өзімізің де ойларымыз газет бетіне шығып жатады. Бұл біздің жұмысымызға тың серпін беретіндігін жасырмаймыз. Сондықтан өзім де, менің әріптестерім де аталмыш басылымға жыл сайын жазылуды әдетке айналдырдық, – деп кеңінен көсілді.

Зинаш Жанғазиева, Қайрат Зиядаков сөз кезегінде облыс әкімінің ауыл мұғалімдеріне жасап отырған әлеуметтік көмегінің нәтижесінде білім беру саласында жаңаша түлеу жарыққа шығып отырғанын білдіре келіп, газет бетінен ұлттық тәрбие мен Жетісудың тарихына қатысты дүниелерді көбірек көргісі келетіндігін баян етті.

Кездесуде болған "Нұр Отан" ХДП Үйғыр ауданды филиалының бірінші орынбасары Нұрәкім Есжанов аталмыш партияның халықтың әл-ауқатын көтеру барысында жасап жатқан игілікті істерін айта келіп, осындай тығыльықты шараларды алдағы күнде жалғасын таба беретіндігін білдірді.

Әрине, түтін тартса майы шығатын қасиетті мекеннің тұрғындары ел ертеңінің қорғаны. Сондықтан олардың арманы мен үміті елім деген ер-азаматтың ойында жүретін парызы. Алтын бесігіміз аман болғай, сонда ғана бесік жырының үні үзілін қалмасы анық.



Бақытбай БІРІМҚҰЛОВ, Үйғыр аудандық сотының төрағасы:

– Азаматтық, және қылмыстық істерді жүргізу қорытындысы бойынша соттың жұмысы туралы мәлімет алдық. Кемшіліктер болса түзеп, жетпей жатқан жарнама бойса жеткізіп отырамыз. Сонын бірі шымдағы жыл-дың басында ашылған "Ашық есік" күнін өткізуді қолға алдық. Бұл күні бұрынғылық ақпарат құралдарының, өкілдерінен бөлек барлық азаматтар қатысып, түскен сұрақтар бойынша заңдық тұрғыда кеңес беріліп, бақылаушылар анықталып отырылды. Қазір республикалық телеарналарда азаматтар құқығын қорғау бағытында "ашық эфир" сияқты бағдарламалар жарыққа шыға бастады. Дегенмен, бұл жағынан әлі де болсын. Биыл да, бұл жағынан әлі де болсын. Биыл да, бұл жағынан әлі де болсын. Биыл да

ЕЛЖАНДЫЛЫҚ ӘР АДАМНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте).

«Нұр Отан» ХДП қалалық филиалында жиналған қауымға Гүлжан Жаппейісқызы отаны Жетісу жеріне келу сапарының мақсаты жайлы айтып берді.

– Ел алдымен және негізгі мақсатым, әрине, Елбасымның Қазақстан халқына арнаған Жолдауын насихаттау, оны түсіндіру екені белгілі. Сонымен бірге, мен жұмадық, аудандық, қалалық «Нұр Отан» партиясы филиалдарының жұмысымен танысуды жоспарлап отырмын. Әрине, кездесу өз кезінің жақсы жағын көрсетіп жатады ғой. Ол, әрине, дұрыс. Десе де, мен жергілікті жерлерде кездесетін қиындықтарды, орын алған олқылықтарды, жоғарғы жақтың тапсырмаларын қалай өткізіп жүйені мәселелерді де сараптағым келеді. Мұның барлығы қауымдастық ішінде Нұрсұлтан Әбішұлының қатысуымен өткен пікірлесу кезінде айтылған болатын.

Елбасының Жолдауын халық қалай қабылдауда, «Жол картасы» бойынша белгіленген қаржының, шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаржыр ақшаның қалай жұмсалуы, оның тиімділігі айқындалуы керек. Себебі жоғарыда айтқандай ішкі мақсаттар төменге жеткей жолда құрдымға кетіп жатса, одан халыққа келер пайда қайсы?

Бұл жерде біз елімізде атқарылып жатқан ауқымды істерді шектана айтуға қақымыз бар. Әлемді жайлаған қаржы дағдарысынан біз өзге елдерге қарағанда қиындықсыз өтіп келеміз. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып үйсіз қалған үлескерлердің мәселесін мемлекет кепілімен шешіп отыр. Шағын және орта бизнесті қаржыландыру бұдан әрі де жалғаса беретін болады. Ипотекалық үйлерді алып, дағдарыстың салдарынан оның ақшасын төлей алмай отырғандарға көмек беру де қолға алынады деп күтілуде. Әсіресе, бір ғана үйі бар азаматтарды шаңырағынан айырмай, мемлекет көмегі арқылы башкегі қарызынан құтылуға жағдай жасау ойластырылуда.

– Еліміз күн өткен сайын интеграциялық процестерге бойлай енуде. Өркендеген өнеркәсіпсіз, дамыған ғылымсыз, бәсекеге қабілетті тауар шығармай, оны өткеру оңайға түспейді. Мұның барлығы айтқанға ғана жеңіл болып көрінуі мүмкін. Сондықтан мен ең алдымен әрбір қазақстандықтың жүрегінде елжандылық сезімі болуын қалар едім. Себебі біз елімізді өркендетуге әрқайсымыз үлес қосуымыз керектігін ұмытпағанымыз жөн. Үйімізде отырғанда тазалық пен тәртіпті сақтап, көшеге шыға бере айналамызды дастайын болсақ, Қазақстан деген ортақ үйіміздің өркендеуіне өз орнымызда үлес қосқайтын болсақ, онда тәуелсіздігіміз бен ерекшелігімізге көленке түсіреміз деген ой-сілтемі дұқтан да барлығымыз бір мақсатқа жұмыла еңбек етуіміз керек, – деді Гүлжан Жаппейісқызы сөзінің соңында.

Осыдан кейін мәртебелі мейман Талдықорған қалалық мәслихатындағы депутаттық фракциялық мүшелерімен, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлерімен кездесу өткізіп, Елбасының Жолдауына қатысты өз ойларын ортаға салды. Осы күні Гүлжан Жаппейісқызы қаладағы «ҒАТЭК» мекемесінде болып, онда атқарылып жатқан игі істермен танысты. Әсіресе, мекеменің 17 азаматты өз қаражатына оқытып, бітіргеннен кейін барлығын жұмысқа орналастыруы, «Жол картасы» бойынша қызметке келген 9 адамды жұмысқа қалдыруы, ауыл, аудандардағы қызметкерлерді оқытып, шеберлігін шыңдайтын курстар ашуы, өз қызметкерлеріне әлеуметтік жағынан қолдау көрсетуі мәжіліс депутаты тарапынан үлкен қолдауға ие болды.

◆ ӘКІМДЕР ЕСЕБІ: КЕЛЕШЕК және КЕЛЕЛІ ІС

Жағымды жаңалық мол

Қаратал ауданы соңғы жылдары тұрақты дамуды бастан өткеріп, жағымды жаңалықтарымен жұрт көңілінен шығып келеді. Өткен жылы аудан экономикасы мен тұрғындарының әлеуметтік жағдайы жақсы көрсеткіштерге толы болды. Бұл туралы аудан әкімі Қыдырғалі Мелеуовтің аудандық мәслихат депутаттары мен жұртшылықтың алдында берген есебінде көз жеткізілік. Аудандық әкімдіктің жиын залында өткен жұмысқа облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков қатысты. Есеп беруге арналған жиында Қаратал аудандық мәслихатының хатшысы Мақсат Рақымбаев жұртшы, жиналғандарды күн тәртібімен таныстырып өткен соң Қаратал ауданының әкімі Қыдырғалі Мелеуов «Қаратал ауданының 2009 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2010 жылға арналған міндеттері туралы» баяндама жасады.

Қажет АНДАС, "Жетісу"

– Әлемдік қаржы дағдарысына қарамастан 2009 жылғы атқарылған жұмыстардың бәрі ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, азаматтардың әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және қоғамдағы саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталды. Ал Елбасының Қазақстан халқына «Жаңа жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы аса маңызды құнды құжат деп бағаламып отыр, – деп сөзін бастаған баяндамашы келесі кезекте ауданның инвестиция тарту, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және білім, денсаулық сақтау салалары мен орта – шағын кәсіпкерлікті дамыту барысында атқарылған жұмыстарды саралап берді.

Қаратал ауданы теміржолдың бойына орналасқан өнеркәсіптенген өңір. Оның үстіне облыс орталығының іргесінде жатқандықтан бірқатар кәсіпорындар бұрынғы қарқындарын сақтап қана қоймастан, өндіріс ауқымын ұлғайта түскен. Өткен жылы бір жарым миллиард теңге көлемінде инвестиция тартылып, болжам 105 пайызға орындалды. Бюджет 1,6 пайызға ұлғайған. Азық-түлікпен қамту шараларын да өз деңгейінде орындалып, 6 млрд. 600 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, болжам 110 пайызды құрады. Сондай-ақ, 6840 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Сонымен бірге, облыстық және аудандық маңызы бар жолдар жөнделіп, қала, ауылдар көлденеңдірілді. Үштөбе қаласында жобалық құны 107,0 млн. теңгені құрайтын тұрмыс қалдықтарын сақтайтын полигонның құрылысы қолға алынып, қазір оның 40,0 млн. теңгесі игерілсе, қалғаны 2010 жылы толығымен орындалады деп күтілуде. Сонымен бірге, жылдар бойы шешілмей келе жатқан жылу жүйелері күрделі жөнделуден өтіп, телефон шайланысы да қамтамасыз етілді. Үштөбе қаласы, Жаңаталап, Бастөбе ауылдарында жаңа пошта ғимараттары іске қосылды. Қараталдықтардың тағы бір қуанышы , білім беру саласына көп қолдау көрсетілгендігі. 2009 жылы Панфилов орта мектебі, балалар шығармашылық орталығының ғимараты және Молдағалиев пен Балқаш орта мектептерінің жылу жүйесі күрделі жөнделуден өтсе, ауданның барлық мектебі интернет жүйесіне қосылды. Қалпе, Жаңаталап және Дзержинский атындағы орта мектептердің жанынан 75 орынды шағын орталық ашылды. 19 мектеп оқушылары бір реткі мұстық тамақпен қамту қолға алынды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде БҰТ-ің орташа көрсеткіші 74,1 балдды құрап, 4 бала «Алтын белгіге», 2 оқушы «Үздік аттестатқа» ие болды. Биылғы жылы «Баладан» бағдарламасы аясында Үштөбе қаласындағы №25 балабақша ғимараты күрделі жөнделуден өтеді. 2011 жылы тағы бір жаңа балабақша бой көтереді деген болжам бар. Өткен жылы денсаулық сақтау саласы үшін де толағай табысты болды. Орталық ауруханаының қасынан жаңа перзинтхана бой көтерсе, Қалпе ауылдық дәрігерлік амбулаториясы жаңа ғимаратқа көшірілді. Алдымыздағы үш жылда Қаражиде, Көнбірлік және Жаңаталап ауылдарында ауылдық амбулатория салынатын болады. Мәдениет саласы да жағымды жаңалықтарға толы. Владимир Седов ауқымы әлемге танылған қараталдықтардың бұл саладағы табыстары мол.

«Жол картасын» жүзеге асыру барысында ауданға 120,0 млн. теңге бөлініп, төрт ірі жоба орындалды. Осы барыста 155 жаңа жұмыс орны ашылып, 124 адам жұмыспен қамтылды. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама аясында 1093 адам екі қолға бір жұмыс тапқан. Ал 2010 жылы бағдарлама аясында 600,0 млн. теңге бөлініп отыр. Сонымен қатар, «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы нәтижесінде ауданға 21 жас маман келіп, жұмыс істеуде. Биылғы жылы оларды баспанамен қамту мақсатында 2,0 млн. теңге қарастырылған.

Бақылдамадан кейін жарысөзге ынқожа аудандық ақсақалдар алқасы төрағасының орынбасары Шара Қаймұлдина, «Қаратал ирригация» мекемесінің бастығы Тұрсын Оспанов, «Су құбыры» мекемесінің бастығы Юрий Мальгин, Жылыбұлақ ауылының тұрғыны, зейнеткер Өмірбек Мақтаев, Дзержинский атындағы орта мектебінің мұғалімі Татьяна Сучининовалар ауылда атқарылған жұмыстарға көңіл толатынын айтып, әкімнің жұмысына «канағаттанарлық» деген баға берді.

Осыған дейін де аудан әкімі 12 елді мекен тұрғындарымен кездесу өткізіп, әртүрлі мәселелер бойынша түскен шағым-өтініштерді өз деңгейінде шешіп берді. Сондай-ақ, 2009 жылғы 13 қарашадағы Елбасының халықпен тікелей желідегі сұхбаты кезінде Нұрсұлтан Назарбаевтың атына түскен жиырмаға жуық өтініш назардан тыс қалмай талданып, аудандық «Қаратал» газетінде жарияланып отырды. Есепті кездесу барысында тұрғындар Үштөбе қаласын кесіп өтіп жатқан теміржолдың қиындық тудырып келе жатқанын алға тартып, аудан әкімінен Т. Рысқұлов көшесінің тұсынан асфалы көпір салып беруін сұрады. Қыдырғалі Мелеуов бұл өтінішті де назарға алатынын жеткізді.

Соңында жиынға арнайы келіп қатысқан облыс әкімінің орынбасары **Тынышбай Досымбеков** облыс өнеркәсіпорындарын өткен жылғы жетістіктеріне тоқталып, Жетісу жеріндегі игілікті шаралардан хабарлама жасады. Аудан әкімінің жұмысына да жақсы пікірлерін айта келіп, алда атқарылған міндеттер ауқымын тілге тиек етті.

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ.

ЖАҒДАЙ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Балқаш ауданының әкімі Ерғазы ҚОШАНБЕКОВ Малайсары жотасынан балықты Балқаш көлінің жиегіне дейінгі шетінің шегі жоқ кең аймақта малмен айналысып, көрі Іленің жағасына күміс дөңді күріш өсіріп жатқан елді мекендердің бәрінде болып, тұрғындармен ашық-жарқын жүздесулер өткізді. Кездесулер барысында аудан әкімі атқарған жұмыстары жайлы ел алдында есеп беріп, алдағы міндеттерге тоқталды.

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ, "Жетісу"

Осы кездесулердің қорытындысы іспеттес аудан орталығында өткен әкімнің есеп беру жиналысына облыс әкімінің орынбасары **Тынышбай Досымбеков** қатысты.

Облыстағы шалғайда жатқан аудандардың бірі деп есептелгенмен бақ қонған байтақ дала атанып кеткен аймақта ел мен жердің жағдайы жыл өткен сайын жақсарып келеді. Аудандағы ең түйінді деген мәселелерге қолұшын беріп көмектесіп келе жатқан облыс әкімі С.Үмбетов өңірдің өзіндік ерекшелігін, жердің жағдайын, елдің мүмкіндігін жете біледі. Облыс әкімі өзі бірнеше жыл осы аймақта еңбек етіп, болашақта бар мүмкіндіктердің іске асуына жағдай жасап, көмектесіп отыр.

Айталық, өткен жылдың өзінде ғана Көктал, Қарой, Құйған ауылдары тұрғындарының Жетісу телеарнасын көруге мүмкіндігі туды. Аудандағы Ақжар, Көктал ауылдарындағы Мәдениет үйлері күрделі жөнделуден өтіп, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Миялы ауылында ашылған шұжық цехы, Қарой ауылындағы балық өндеу зауыты аудан экономикасын нығайтуға айтарлықтай ықпалын тигізіп отыр. Бұл зауыт қазірдің өзінде алыста жатқан Қарой ауылындағы 80 адамды жұмыспен қамтамасыз етті.

Кәсіпкерлікті дамыту үшін назарда ұсталады. Инвестиция тарту 2008 жылға қарағанда 30 пайызға артты. Былтыр 24 тұрғын үй пайдалануға берілді. Ал аудан орталығы Бақанас ауылында 7 үй соғылып, ол жалғерлік негізде өз иелерін тапты. Ауызсу мәселесі оңтайлы шешіліп келеді. Аудандағы 4 елді мекенде су құбыры тартылды. Желтораңғы, Бақанас ауылының тұрғындары қазір жаңа су құбырына дән ризашылығын білдіруде.

Елбасының өзі қолдап отырған «Жол картасы» бағдараламасы негізінде түнгі көше жарықтары тартылып, жол бойына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ауданның негізгі бағыты аграрлық жүйе болғандықтан төрт түлік малдың басын өсіру басты назарда болып келеді. Күріштің әр гектарынан 45, арпа-бидайдан 27 центнерден өнім жиналды. Малды асыл дандыру мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Бұл салаға мемлекет тарапынан тұрақты қаржылай көмек көрсетіліп келеді.

Білім беру, халыққа мәдени қызмет көрсету жұмыстарында да жетістіктер жетерлік. Мектептер техникалық оқу-құралдармен қамтамасыз етілген. Интерактивтік тақта, компьютерлік сыныптарда арнайы мамандандырылған ұстаздар еңбек етеді. Бүгінгі таңда аудан мектептерінідегі 1 компьютерге 13 оқушыдан келеді. Өткен жылы 4 оқушы Алтын белгіге алды. Қазір ауданда екі балабақша жұмыс істеуде.

Жастар арасындағы тәрбиелік жұмыстарды тиімді жүргізуде аудандағы «Әжелер» ансамбл айтарлықтай еңбек етуде. Мұндай ансамбльдер қазір барлық ауылдық әкімдіктер жанынан құрыла бастады. Осындай мәдени іс-шаралардың жандана түсуінің нәтижесін облыста өткен аудандардың мәдени күндері байқауында жүлделі орынды жеңіп алғанынан айқын байқауға болады. Облыстық байқаудан аудандық кітапхана ұжымының үшінші орынды иеленуі әр адамның рухани азығы кітапты насихаттау жұмысының жандана түскендігін көрсетеді. Аудандағы жастармен жұмыс барысында көңілге қонымды игілікті істер атқарылуда. Қазірдің өзінде «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша 42 жас маман келген. Оларға барлық жағдай жасалып, мамандықтары бойынша жұмысқа орналастырылған.

Аудандағы тұрғындардың арасынан көмек қажет ететін мүгедектер мен тұрмысы төмен отбасыларға, жетім балаларға жәрдем көрсетіліп, әлеуметтік қорғауға алынған. Қарттарға көмек көрсету күн тәртібінен түскен жоқ. Өткен жылдың өзінде 13 соғыс және еңбек ардагері демалыс үйлері мен санаторийлерде болып қайтты.

Осындай атқарылған жұмыстарды тілге тиек ете отырып, өткен жылдарды қорытындылаған аудан әкімі аудандағы 15 ауылдық әкімдіктерден 46 үсыныс түскенін де атап өтті. Оның 37-і өзінің шешімін талқан болатын.

Алайда, ауданда атқарылған жұмыстар ауқымы көңейе түсуде. Үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығын, оның өнімін арттыру, өнеркәсіпті дамыту, инвестицияның көлемін көбейту міндеттері тұр. Білім, мәдениет, денсаулық саласында да атқарылған жұмыстар жетерлік. Айталық, Ақдала ауылындағы бұрыннан қалып қалған балабақшаны қайтадан іске қосу, Құйған ауылындағы аурухана, Бақанастағы туберкулез ауруханасының, Ақкөлдегі клуб үйінің өткен жылы басталған құрылысын үстіміздегі жылы аяқтап, пайдалануға беру аудандағы басты мәселенің бірі болып отыр. Ақдала ауылындағы мал бордақылау әмбебап кешенінің құрылысын бәсеңдетіп алмаудың жолын қарастыру бүгінгі негізгі міндеттердің бірі болып табылады. «Жол картасы» бағдарламасы бойынша кірме жолдарды жөндеп, қалпына келтіру жұмыстары да үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Ауданда дене тәрбиесі мен спорт дамып келе жатқанымен, бұл мәселеге Жиделі, Көктал ауылдарындағы осы саламен айналысатын азаматтардың жауапкершілігі әлі төмен. Балаларға жәрдемақы төленіп, мемлекет тарапынан тұрақты көмек көрсетіліп келе жатқанымен халықтың табиғи өсімі баяу. Тұрғындарды қынжылтып келе жатқан басты мәселенің бірі қылмыстың артып кетуі болып отыр. Өткен жылдың өзінде ғана 68 қылмыстық іс тіркелген. Бұл 2008 жылмен салыстырғанда 47 пайызға көп. Осы қылмыстың 97 пайызы дер кезінде ашылған деп есептелгенмен қылмыстың алдын алудағы жұмыстың әлі де нашар ұйымдастырылып отырғандығын байқатады.

Аудан әкімінің баяндамасында айтылған осындай мәселеден соң сөз алған Бірлік ауылдық әкімі Б.Айтымбетов ауылдың тіршілігіндегі мәселелерге тоқталса, Береке ауылындағы «Тамшыбұлақ» ЖШС-нің директоры М.Қалиев күріштен мол өнім алудың негізгі тұқымда екенін ескерте келіп, осы мәселеге көмектесуді өтінді. Бура ауылындағы Ы.Алтынсарин мектебінің директоры С.Сарымбетова ауылдағы білім берудің жетістігін тілге тиек етсе, Ақкөл ауылындағы «Әжелер» ансамблінің мүшесі Д. Жағпарқұлова жастарға тәрбие берудегі мәдени мекемелердің жұмысына тоқталды. Ал Қарой ауылының «Рақымберлі» шаруа қожайынының жас жұмыскері Д. Нұрмағанбетов жастардың «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының жеңілдік, жетістіктерін жанжақты өңгімеледі.

Ауданның есеп беру жиналысына арнайы келген облыс әкімінің орынбасары Т. Досымбеков өткен жылғы Жетісу өңірінің жемісті жетістіктерін оңтімелеп, Елбасының Жолдауына орай Балқаш өңірінің болашағына да байланысты мәселелерді көтерді. Ол, әсіресе, табиғатты қорғау, ең мен құсты сақтап, күршке қажетті суды үнемдеудің жолдарына тоқталды.

Мұнан соң аудан әкімі Е.Қошанбеков жиналғандардың берген сұрақтарына нақты жауаптар қайтарды.

Аудан әкімінің есебіне жиналған жұртшылық әкімнің өткен жылғы жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

БАЛҚАШ АУДАНЫ.

Елбасының тапсырмасымен кен-байтақ еліміздің аймақтарындағы барлық деңгейлегі әкімдер жергілікті тұрғындармен жыл сайын жүздесіп, атқарған жұмыстары мен алдағы уақытта жүзеге асырылатын бағдарланған істері жөнінде есеп беруді соңғы бес жылдан бері дәстүрге айналдырды. Бұл шара мемлекеттік атқарушы биліктің құзырындағы қарапайым халықпен арақатынасын жақындатумен қатар, әкімдердің назарынан қалтарыста қалып келген ел ішіндегі кейбір мәселелердің дер кезінде шұғыл шешімін табуына оңды ықпал жасап келеді.

Талпыныс талап деңгейінде

Мырзагали НҰРСЕЙІТ, "Жетісу"

Ел шебіндегі Үйғыр ауданының тұрғындары да облыс, аудан, ауыл әкімдерінің есебін асыға күтуді әдетке айналдырған десе де болғандай. Бұл өңір халқы алғашқы жылдарда әкімдердің есеп беру жиындарында күйкі тіршілік пен жеке бастың жағдайларын жиі қозғаса, кейінгі уақытта көше, ауылдар аралық жолдарды жөндеу, мәдениет ошақтарын заман талабына сай ретке келтіру, почта, байланыс қызметін жақсарту, оқу орындарына қатысты жалпыға ортақ проблемаларды қозғап жүр.

Кездесулер қалыптасқан өткізу тәртібіне сәйкес, аудандық газетке округтердегі жиындардың күн кестесі мен аудан әкімі есебінің мәтіні жарияланып, ауыл тұрғындары көп баратын орындарға азаматтардың ұсыныс-пікірлері, шағым-арыздарына арналған жәшіктер қойылды.Сейтіп, аудан әкімі Қожамжан Омаров өңірдегі 14 ауылдық округ тұрғындарымен кездесулер өткізіп, 5 ақпанда аудандық Мәдениет үйінде аудандық мәслихаттың кезекten тыс кеңейтілген сессиясында, өңірдегі барлық ауылдық округтер өкілдерінің қатысуымен қорытынды есебін ортаға салды. Бұл сессияға облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов қатысты. Сессия жұмысын аудандық мәслихаттың хатшысы Мәулен Нұров кіріспе сөз сөйлеп ашып, күн тәртібін таныстырып, жиынды жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Үйғыр ауданының 2009 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының орындалуы және 2010 - 2012 жылдарға арналған орта мерзімді бағдарлы міндеттері туралы аудан әкімі Қожамжан Омаровтың есебі тыңдалды.

– Елбасы бастамасымен өмірімізде үлкен бір маңызды мәнге айналған әкімдердің халық алдында есеп беруі ел-жұртшың көңілінен шықты. Осындай кездесулер әкімдерге үлкен жауапкершілік жүктеумен бірге, өзінің жұмысына сын көзбен қарауына әсерін тигізетіні анық. Бұл дәстүр қоғамды демократияландыруды әрі қарай дамытып, елімізде жүз берген реформаларды халыққа жеткізуге және жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін көтеріп, халықты мемлекеттік басқаруға кеңінен тартуға бағытталғаны барша-ныза аян, – деді әкім баяндамасының бастамасында.

«Дағдарыстан – жаңару мен даму-ға» атты 2009 жылғы Жолдауы аудан еңбеккерлерінің негізгі бағыт-бағдары болып, барлық салаларда басты құжат ретінде іс-шаралар жасалып, жұмыстар жүргізілді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының 29 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауының маңызы ерекше. Оған дейтінмін, Елбасы өткен он жылды саралай келіп, ел дамуының алдағы 10 жылдық бағдарламасын ұсынды. Әкім өз сөзінде агроөнеркәсіптік кешенді, өндірістік еңбекті дамыту, мемлекет экономикасын дағдарыстан кейінгі кезеңге дайындау секілді мәселелердің барлығы Қазақстанды алға сүйрей максатында көтерілген игі шаралар екенін атап өтті. Елдегі әлеуметтік мәселелерді шешу, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 65 жылдығына қатысты айтылған ойлары мен көтерілген бастамаларды насихаттап, әрбір азаматтың жүрегіне жеткізуді ұсынды. Әрбір әкімнің жұмыс көрсеткіштерін бағалауда еңбек өнімділігінің артуы өңірге тартылатын тікелей инвестициялардың көлемі, инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесінің көбеюі, жоғары өнімді жаңа жұмыс орындары санының артуы есепке алынатын болады, деді.

Бұдан әрі Қожамжан Аванұлы «Нұр Отан» ХДП-ның жергілікті халық арасында атқарып отырған ауқымды іс-шараларын салмақтап, саралай келіп, Елбасымыздың бастамаларымен жаңа Жолдауда жүктелген үлкен мақсаттар мен міндеттердің нәтижелерін сарапдауға ойысты. Үйғыр ауданы тұрғындарының басты дәму бағытты ауылшаруашылық өндірісімен тығыз байланысты болғандықтан осы салада жасалған жұмыстар әкімнің есепті баяндамасында жан-жақты талданды. Аграрлық сала еңбеккерлері өткен жылы 14 млрд. 145 миллион теңгенің өнімін өндіріп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 5 млрд. 315 миллион теңгенің ауылшаруашылық тауарларын молықтырған. Дала өндірісіндегі жетістіктер жыл санап ауқымы артып, егіншілікте әр гектар жерден жиналатын өнім мен мал өсірудің көрсеткіштері де жоғарылауда. Бұл бағыттағы аудан еңбеккерлерінің талпынысы талап деңгейінде

Ауданда өнеркәсіп өндірісі де өрлеп, халыққа береке беріп келеді. Басқаны айтпағанда, бұл өңірде «ҚазРосБройлер» құс фабрикасы толық қуатымен іске қосылып, өнім өндіру көлемі 5млрд.442млн. теңгеге жетті. Қазір онда 1200 адам тұрақты жұмыс орнын тапты. Құс өсірушілердің орташа жалақысы 38 мың теңгені құрайды. Ауданда елді мекендердің инфрақұрылымын жақсартуға мемлекеттік «Жол картасы» бағдарламасының демеуімен бірқатар игілікті шаралар жүзеге асты. Бөлінген қаржыға бірнеше мектеп күрделі жөнделуден өтіп, ауыл көшелері мен жолдары асфальттанды,бірқатар елді мекендерде ауызсу мәселесі шешілді.

Басқосуда аудан әкімінің есепті баяндамасын талқылауға ауылшаруашылық өндірісінің ардагері Нұрбек Сейітов, аудандық мәслихаттың депутаты Дина Бектемісова, Дардамды ауылының ақсақалы Мәденбай Қиғашбаев қатысып, ауылдастарын ойландырып жүрген көкейтесті мәселелерді ортаға салды. Сонымен қатар, аудан әкімінің есебін қанағаттанарлық деп бағалады. Есепті жиынға арнайы келіп қатысқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов сөз сойлеп, Үйғыр ауданы халқының өндірістік бағыттағы көрсеткіштері облыста алдыңғы қатардан көрініп жүргенін дәйектеді.

ҮЙҒЫР АУДАНЫ.

ЖҰМЫР ЖЕР

УКРАИНАДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ



Украина орталық сайлау комиссиясы қорытындылаған хаттамалардың 80 пайыздан астамын өңдеп үлгерді. Қазіргі таңда сайлаушылардың 48,67 пайызына ие болған Виктор Янукович алда келеді. Ал Юлия Тимошенконың дауысы 45,66 пайыз.

Қазіргі премьер-министр өңірлер партиясы басшысының бұрынғы қалыс қалуын сәл де болса қысқартқан секілді. Дауыстарының айырмашылығы бүгінгі таңда 3,1 пайыз құрайды.

Екі үміткерге де қарсы түрде 4,48 пайыз сайлаушылар дауыс берген. Украина президенті сайлауының екінші турында сайлаушылардың қатысуы 69,7 пайыз құраған.

ӘЙЕЛ БАСҚАРАДЫ



Коста-Рикада өткен жексенбіде ел президентінің сайлауы өтті. Жергілікті орталық сайлау комиссиясының алдын ала берген мәліметіне қарағанда, сайлауда Лаура Чинчилья жеңіске жеткен. Сөйтіп, ол ел тарихында тұңғыш әйел президент болмақ.

Қазіргі дейін сайлау бюллетеньдерінің 20 пайыздан астамы санаған. Бақылаушылар осының өзінде-ақ дәлелденген әйелдің сенімді түрде жеңіске жеткендігін айтып отыр. Оның есебіне қостарикандықтардың 47,60 пайызы дауыс берген.

Чинчилья штабындағылар қазірдің өзінде президенттің сайлаудағы жеңістерін мәлімдеп отыр. Лаура «Үлттық азаттық» билік партиясының өкілі болып табылады. Қазіргі мемлекеттің басшылығында вице-президент қызметін атқарған. Сондай-ақ, Коста-Риканың әділет министрі болған. Сайлаушылардың пікірінше, қостарикандықтардың елде толеңсіз өзгеріс болатындығына сенімі жоқ. Чинчилья да бұрынғы басшының бағытын жалғастырмақ. Өйткені ол сол командада да жүрді ғой.

ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТТІ



Гвинеяның ұлттық қауіпсіздік қызметі басшыларының бірі өзінің міндетінен босатылды. Сейтіп кашиған Энтоға ел президентін өлтіруге және мемлекеттік төңкеріс ұйымдастыруға құдікті ретінде ұсталған.

Билік басындағы бір дауазымды адам оның қызметіне жасауға дайындалғандығын хабарлаған. Қазір құдікті астанаға әкелінген.

Бұрынғы испандық колонияға жататын экваториальдік Гвинея Африка өңірінде мұнайды экспортқа шығару көлемі бойынша үшінші орында тұр. Солай бола тұрса да, ел тұрғындары келешіліктге ғұмыр кешуде, сәнсіз жағдай болса тұрақсыз. Бүгінгі президент өзінің туған ағасын мемлекеттік төңкеріс жасау арқылы қызметтен кетіріп, билікке келген болатын.

Жоғарыдағы құдікті атаған Энтоған да бүгінгі диктатордың сенімді адамдарының қатарына енеді. Оз қызметіне 2009 жылдың ақпан айында әлеуметтік недоставдағы қайта құрулар кезінде бекітілген.

Бұл құдіктінің туған-туыстары қызметтен кетуіне өз наразылықтарын білдіруде. Немере бауырының айтуына қарағанда, оның соңына казіргі президент түсіп отырған көрінеді. Ондағы мақсаты – көп сырын білетін үзеңгілесін аластату.

ПУТИННІҢ КӨҢІЛІ КӨНШІМЕДІ



Россия Федерациясы үкіметінің төрағасы Владимир Путин федералдық қызметтің денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласының басшысы Николай Юргельдің қызметіне көңілі толмай, жұмыстан алып тастады. Юргель болса дәрі-дәрмектің айналымы туралы қаң жобасына көпшіліктің көзінше наразылығын білдірген. Ол осы әрекетімен мемлекеттік азаматтық қызметтің заң талаптарын бұзған. Бұл турасында үкіметтің баспасөз қызметі хабар тараткан.

Путин осының алдында «Біртұтас Россия» саяси партиясының басшылығымен кездескенде заң жобасын қабылдау жөніндегі жұмыстың қарқынын төмендетпеуге нұсқау берген. Жаңа ережеге сәйкес елдің дәрі-дәрмектік қауіпсіздігі сақталып, ерекше тізімдегі дәрілердің бағасына мемлекеттік басқару механизмі енгізілмек. Сонымен қатар, фармацевтік парыққа әкімшілік бақылау күшейтіліп, шетелдік дәрі-дәрмекке қарсы бедел түсіретін шаралар жүйеленіп, ұлттық өндірушілерге жол берілмек екен.

Осы ретте үкімет басшысы Путин былай деп мәлімдеме жасаған: «Стадің назарыныздың денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі өзінің көзқарасын анықтағандығына ауарамын. Мұны үкімет қолдап отыр, осы көзқарастан кеп келген ауытқуға, мұның ішінде кадрлық шешімдер қабылдауға жол берілмейді.

Юргель осыдан бірнеше ай бұрын өзінің 55 жылдығын тойлаған еді. Ол қызметінде үш жыл, тоғыз ай, он күн болыпты. Өзіне дейінгі әріптесінен бір жыл кем қызмет еткен. Оны сол тұста премьер болған Михайл Фрадков жеңілдік берілген жандарға дәрігі ойдағыдай жеткізбегені үшін қызметтен шығарып жіберген.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№23 (17292) сенбі, 13 ақпан, 2010 жыл

Бағасы келісімді

НЕ ҮШІН СОҒЫСТЫҚ? 5-БЕТ

ӨМІРІ ТҰҒАН ӨНЕГЕ 9-БЕТ

◈ *Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына – 21 жыл*

Халық қаһарманы жастармен кездесті



Биыл Ауған жерінен Кеңес әскерінің шығарылғанына 20 жыл толып отыр. Осы тарихи датаны атап өту мақсатында жер-жерлерде Ауған соғысы ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылуда. Осыған орай Алматы облысында іссапармен жүрген Қазақстанның Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев Мұхаметжан Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайында университет және колледж студенттерімен кездесті.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Ауғанды кезекте Халық қаһарманы жұрағайды аралап шығып, Жетісудың өткен тарихына ой жүгіртті.

Осыған орай кездесу барысындағы ағынға ата-бабалардың жүріп өткен жолы, тарихымыз, қазақстандық патриотизм тақырыбы арқау болды.

– Мұражайды аралап, тарихқа көз жүгіртken кезде адамның сәйкесінше самғайды, – деп бастады сөзін генерал-лейтенант – Осыдан Азия бойынша кеңдігі жағынан бірінші орын алатын қазақ жерінен ғұламалар шығып, ғұрлымдарға жетіп, ғылым мен өнерге үлес қосқан. Ортақ істен облыс экономикасының бірде-бір саласы мен ауданы, қалаларының ешқайсысы қалыс қалмауы қажеттігін атап өтті.

(Соңы 2-бетте).

АПТА ТЫНЫСЫ

8-9 ақпанда Президенттің халыққа Жолдауын насихаттау және түсіндіру мақсатында Алматы облысына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Гүлжан Қарағұсова келді.

8-10 ақпан күндері Алматы облысына ҚР Парламенті Сенатының депутаты, «Нұр Отан» ХДП жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа күрес жөніндегі қоғамдық кеңестің Төрағасы Оралбай Әбдікәрімов жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында Қарасай, Жамбыл, Балқаш аудандарының тұрғындарымен кездесіп, аймақтардың дамуымен танысты.

9 ақпан күні облыс әкімі Серік Үмбетовтің қатысуымен Ақсу ауданы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесуі өтеді.

10 ақпан күні облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында облыс әкімі Серік Үмбетов өңір тұрғындарының алдында есеп берді.

Сәрсенбі күні облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталовтың төрағалығымен «Россия, Беларус, Қазақстан Кеденді одағының аясында кеденді-тарифтік реттеу» тақырыбында конклюз өтеді.

Бүгін Елбасымың Жолдауын насихаттау және түсіндіру мақсатында Алматы облысына жұмыс сапарымен ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов келеді деп жоспарлануда. Сапар барысында Үкімет басшысы елімізді тұңғыш Тілі сарайының ашылуына қатысып, облыс орталығындағы бірқатар әлеуметтік нысандарды аралайды.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

◈ *Облыстық әкімдікте*

КЕДЕНДІК ОДАҚ ДАМУҒА ДАҢҒЫЛ ЖОЛ АШАДЫ

*Облыстық әкімдікте үлкен мәжілістің барысында облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталовтың тақырыбы өзіне тән ерекше ауқымды болып шықты. Ол Кеденді одақтың өңірдің экономикасына тигізетін әсерін, оның ішінде облыстың ең ірі кәсіпорындарының Кеденді одақ аясындағы кеденді-тарифтік реттеу мәселесі жөніндегі ұсыныстарын, сондай-ақ, Кеңеске әбден ауналанда жұмыс жүргізетін кәсіпорындар, кеден, салық және шекаралық қызметтер, қоғамдық ұйымдар мен «Нұр Отан» ХДП өкілдері, әрбір қала әкімдері, облыстық басқармалар мен департаменттер жетекшілерінің назарларына және биылғы 1 қаңтардан бастап іске кіріскен Кеденді одаққа қатысты кейбір мәселелер барысын толығымдылықпен ескерілім бақылау және сарапау мәселесі бойынша облыстық департаменттерді басшылары мен мамандарының осынау барлығымызды толғандыратын өзекті мәселелердің маңызы үлкен екенін білдірді. Кеденді одақ жайлы алғашқылардың болып ақпарат құралдарына ерекше көңіл бөлгендіктеріне орай алғысөздер

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылдан мұсылманша шығады ● № 49 (17318) Бейсенбі, 22 сәуір, 2010 жыл. ●e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Казақстан-2030

ресми хабарлар

Қазақстанның рөліне оң баға беруде

Қырғызстанның уақытша үкіметінің төрайымы Роза Отынбаева өздері жағдайды реттеудегі көмегі үшін Қазақстанға алғысын білдірді.

ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы, Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы – сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев бүгін Бішкекте Қырғызстанның уақытша үкіметінің төрайымымен және басқа да мүшелерімен кездесті.

Кездесу барысында Р. Отынбаева Қырғызстандағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында көрсеткен көмектері мен қабылдаған шаралары үшін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа және ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы ретінде Қанат Саудабаевқа алғыс айтты.

Бүгін Бішкекте Қ. Саудабаевтың елдің түрлі саяси және қоғамдық ұйымдарының өкілдерімен бірқатар кездесулері жоспарланып отыр.

Қазақстан–Британ экономикалық ынтымақтастығы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Британия үкіметінің халықаралық сауда және инвестициялар жөніндегі арнаулы өкілі Йорк Герцогы Эндрю Альберт Кристиан Эдвард Виндзорскийді қабылдады.

ҚР Президентінің баспасөз қызметі хабарлағандай, кездесу барысында Қазақстан– Британ сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастығын кеңейту перспективалары талқыланды.

◈ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

КӨКТЕМНІҢ КҮНІ – ЖЫЛҒА АЗЫҚ

Кеше облыс әкімі Серік УМБЕТОВ жұмыс сапарымен Көксу ауданында болып, бірнеше кәсіпорын мен шаруа қожалықтарының, жылыжайдың жағдайымен танысты.

Қажет АЙДАС, "Жетісу"



Облыс басшысы ауыл әкімі Мұрат Өсербаевтің жол бастауымен ең алдымен Ақшатөбе ауылындағы «Қайрат» шаруа қожалығына ат басын бұрды. Серік Өбікенұлын жылы шырайымен қарсы алған шаруа қожалығының төрағасы Қайрат Қайысбаев жұмыс жағдайымен таныстырып өтті.

Оның айтуынша, құрылғанына он жылға таяу уақыт болған қожалық бүгінде ауылшаруашылық дақылдарын өсірумен бірге мал бордақылауды да қолға алып, кемелдену жолына бет бұрған. Қазір олардың иелігінде 400 гектар жер бар. Оның көп бөлігіне қант қызылшасы мен майбұршақ себілсе, қалған жерге мал азығындық арпа, көп жылдық шөп пен сұлемдеу жүгері өсіріледі.

Шаруа қожалығы 2005 жылдан бастап мал бордақылау жұмысымен де айналыса бастаған. Қазір мұнда 210 бас ірі қара бордақылануда. Қазіргі талапқа сай мал соятын арнайы орын да әзірленген.

Серіктестік сүт өнімдерін өндіру мақсатында 266 бас Алатау тұқымдас сүтті сиырын да бағып отыр. Олар жыл бойы 500 тонна сүт береді. Бұл жайларға қаныққан облыс әкімі жұмыскерлермен емен-жарқын әңгімелесіп, оларды толғандырған мәселелер жайын сұрап білді. Осы орайда, шаруа қожалығының төрағасы Қайрат Қазтайұлының: «Үсақ шаруашылықтармен бұз алаяқ бармайды екенбіз, ең жақсысы, күш біріктіру керек екен», – деген ойын жоғары бағалаған облыс әкімі шаруашылықтарды ірілендірудің пайдасы мен өмірлік қажеттігін түсіндіріп өтті.

Облыс әкімі бұдан соң Алматы–Өскемен тас жолының бойына орналасқан майбұршақ өнімдерін өңдеумен шұғылданатын «ЛІС ЭКСТРА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін аралап көрді. Голландия, Ресей, Корея, Қытайдың жаңа технологиясымен жабдықталған зауыт құс, ірі қара, ұсақ малға арналған құнарлы жем өндіреді. Зауыт директорының айтуынша, құрылғы сағатына 4 тонна өнім өңдей алады. Мұнда 45 адам жұмыспен қамтылған. Нысанды аралап көрген облыс басшысы зауытты өз қолымен іске қосты.

Серіктестіктің келешегі туралы ой бөліскен Серік Өбікенұлы кәсіпорынның соя өндірісіне тың серпін беретінін айта келіп, аудан басшыларына қолдан келер көмектің барын жасау керектігін табыстады.

Александр Бузыкин басқаратын «Строитель» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болған облыс әкімі жаңа технологиямен жарақталған кірпіш зауытының тыңғылықты іркіліссіз жұмыс істеуіне тілек білдірді. 2008 жылы өндіріс көлемін кеңейту бағдарламасына сәйкес қосымша тораптар мен жолжеткіштік плиткалар шығаратын желіні іске қосқалы зауыттың өнім көлемі арта түскен. Бастапқы күнінде 70 мың дана кірпіш шығарумен шектелген кәсіпорынның бүгінгі көрсеткіші 350 мың данадан асып кеткен. Онда 170 адам жұмыс істейді. Жылдық өндіріс қуаты 44 млн. шартты кірпіш болса, оның әр данасы 24 теңгеден саудаланады.

«Жол картасы» бағдарламасы бойынша өткен жылы Мұқыры ауылдық Мәдениет үйі мен Айнабұлақ орта мектебінде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, санитарлық қызметімен ел алғысына бөленген кәсіпорын ағымдағы жылы аудандағы «Алпамыс» балабақшасын күрделі жөндеуден өткізбек. Серіктестік аудандық жұмыспен қамту бөліміне тіркелген 70 адамды жұмыспен қамтуды көздеуде.

Соңғы жылдары өңірімізде алмағұлық қауіпсіздіктің қамтамасыз ететін бірқатар тың жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі ретінде жылжымалы салып, тұрғындарды көкөністен қамту мәселесін айтуға болады. Осыған орай, кәсіпорын облысымызда 380 жылжымалы салынып, оның 205-і іске қосылса, 175 нысанның құрылысы бітпей жатыр екен. Осы орайда, шаруа қожалығының төрағасы Қайрат Қазтайұлының: «Үсақ шаруашылықтармен бұз алаяқ бармайды екенбіз, ең жақсысы, күш біріктіру керек екен», – деген ойын жоғары бағалаған облыс әкімі шаруашылықтарды ірілендірудің пайдасы мен өмірлік қажеттігін түсіндіріп өтті.

Облыс әкімі бұдан соң Алматы–Өскемен тас жолының бойына орналасқан майбұршақ өнімдерін өңдеумен шұғылданатын «ЛІС ЭКСТРА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін аралап көрді. Голландия, Ресей, Корея, Қытайдың жаңа технологиясымен жабдықталған зауыт құс, ірі қара, ұсақ малға арналған құнарлы жем өндіреді. Зауыт директорының айтуынша, құрылғы сағатына 4 тонна өнім өңдей алады. Мұнда 45 адам жұмыспен қамтылған. Нысанды аралап көрген облыс басшысы зауытты өз қолымен іске қосты.

Серіктестіктің келешегі туралы ой бөліскен Серік Өбікенұлы кәсіпорынның соя өндірісіне тың серпін беретінін айта келіп, аудан басшыларына қолдан келер көмектің барын жасау керектігін табыстады.

Александр Бузыкин басқаратын бірқатар тың жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі ретінде жылжымалы салып, тұрғындарды көкөністен қамту мәселесін айтуға болады. Осыған орай, кәсіпорын облысымызда 380 жылжымалы салынып, оның 205-і іске қосылса, 175 нысанның құрылысы бітпей жатыр екен. Осы орайда, шаруа қожалығының төрағасы Қайрат Қазтайұлының: «Үсақ шаруашылықтармен бұз алаяқ бармайды екенбіз, ең жақсысы, күш біріктіру керек екен», – деген ойын жоғары бағалаған облыс әкімі шаруашылықтарды ірілендірудің пайдасы мен өмірлік қажеттігін түсіндіріп өтті.

Облыс әкімі бұдан соң Алматы–Өскемен тас жолының бойына орналасқан майбұршақ өнімдерін өңдеумен шұғылданатын «ЛІС ЭКСТРА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін аралап көрді. Голландия, Ресей, Корея, Қытайдың жаңа технологиясымен жабдықталған зауыт құс, ірі қара, ұсақ малға арналған құнарлы жем өндіреді. Зауыт директорының айтуынша, құрылғы сағатына 4 тонна өнім өңдей алады. Мұнда 45 адам жұмыспен қамтылған. Нысанды аралап көрген облыс басшысы зауытты өз қолымен іске қосты.

Серіктестіктің келешегі туралы ой бөліскен Серік Өбікенұлы кәсіпорынның соя өндірісіне тың серпін беретінін айта келіп, аудан басшыларына қолдан келер көмектің барын жасау керектігін табыстады.

Александр Бузыкин басқаратын бірқатар тың жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі ретінде жылжымалы салып, тұрғындарды көкөністен қамту мәселесін айтуға болады. Осыған орай, кәсіпорын облысымызда 380 жылжымалы салынып, оның 205-і іске қосылса, 175 нысанның құрылысы бітпей жатыр екен. Осы орайда, шаруа қожалығының төрағасы Қайрат Қазтайұлының: «Үсақ шаруашылықтармен бұз алаяқ бармайды екенбіз, ең жақсысы, күш біріктіру керек екен», – деген ойын жоғары бағалаған облыс әкімі шаруашылықтарды ірілендірудің пайдасы мен өмірлік қажеттігін түсіндіріп өтті.

Облыс әкімі бұдан соң Алматы–Өскемен тас жолының бойына орналасқан майбұршақ өнімдерін өңдеумен шұғылданатын «ЛІС ЭКСТРА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін аралап көрді. Голландия, Ресей, Корея, Қытайдың жаңа технологиясымен жабдықталған зауыт құс, ірі қара, ұсақ малға арналған құнарлы жем өндіреді. Зауыт директорының айтуынша, құрылғы сағатына 4 тонна өнім өңдей алады. Мұнда 45 адам жұмыспен қамтылған. Нысанды аралап көрген облыс басшысы зауытты өз қолымен іске қосты.

Серіктестіктің келешегі туралы ой бөліскен Серік Өбікенұлы кәсіпорынның соя өндірісіне тың серпін беретінін айта келіп, аудан басшыларына қолдан келер көмектің барын жасау керектігін табыстады.

Александр Бузыкин басқаратын

◈СЕЛЕКТОРЛЫҚ КЕҢЕС

Қазақстан Республикасының Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов өткізген кезекті селекторлық кеңес бірінші тоқсанды қорытындылауға арналды. Жиын барысында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жауапты министрліктер жетекші жетістікке және алдағы атқарылатын іс-шараларға тоқталды.

ТОЛЫМДЫ НӘТИЖЕ

Гүлжан ТҰРСЫН, "Жетісу"

Бірінші тоқсанның қорытындысы жөніндегі алғашқы баяндаманы Экономикалық даму және сауда министрі Жанар Айтжанова алды. Оның айтуынша, алдын ала жүргізген есептеулер бойынша ішкі жалпы өнімнің нақты өсімі 6,5 пайызға жеткен. Экономиканың негізгі салаларын өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда айналымы, байланыс, көлік және құрылыстың қысқа мерзімді индикаторы анықталған. Статистикалық мәлімет бұл индикаторлық 108,3 пайызды құрағанын көрсетті.

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша экономикада оң өзгерістер байқалады. Бұл жөнінде Премьер-министр экономикадағы оң үдерістер Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатының және Үкіметтің, облыс әкімдерінің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ, жеке секторлардың бірлескен жұмысының арқасында мүмкін болып отыр, – деді.

«Алдағы уақытта қарқынды төмендетуге, босаңсытуға болмайды. Индустриялдық бағдарлама, бизнестің «Жол картасы», халықты жұмыспен қамтитын «Жол картасы» және басқа да бағдарламалар бойынша айқындалған бағыттар ілгері жылжуы тиіс. Бірінші тоқсандағы оң үдеріс алдағы уақытта да жалғаса беруі үшін жұмыс істейміз», – деді Премьер-министр.

Селекторлық жиын соңынан облыс әкімі Серік Үмбетов алда атқарылатын іс-шараларды пысықтап, орындаушыларына нақты тапсырмалар берді. Облыстың бірінші басшысы алғашқы тоқсанның нәтижесі бойынша барлық саладан алға басудың байқалатынын айтты. Инфляция деңгейі 2,7 пайызға жеткен. Бағаның көтерілуі көбіне қызмет көрсету саласында белең алған. Оның себебін облыс әкімі Серік Өбікенұлы электр бағасының өсуімен байланыстырды. Республика бойынша электр қуатының төлемақысы біздің облыста ең жоғарғы деңгейде. Осының салдарынан халыққа қызмет көрсетушілер, қызметақысын көтеріп жіберген. Жалпы алғанда өндіріс, ауыл шаруашылығы өнімдері, шағын және орта бизнестің жұмысы көңіл толарлық.

Салықтың түсімі де жақсы. Тек кеденнен түсетін салық кешеуілдеуде. Облыс тұрғындарының орташа айлық жалақысының мөлшері 51 мың теңгенің көлемінде.

Күн тәртібінен түспейтін мәселе – Қызылағаштағы құрылыс қарқынын жақсарту. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын қалпына келтіру. Бұл орайда да келелі жұмыстар атқарылуда.

◈ҚЫЗЫЛАҒАШТАН АҚПАРАТ

ҚҰЖАТТАР ШҰҒЫЛ ДАЙЫНДАЛУДА

Қызылағаш ауылында болған табиғат апатынан, өкінішке қарай, адам өлімі орын алды. Өрине, құтқарылғандардың барлығы дерлік қарбалас барысында құжаттарын жинап үлгерген жоқ.

Сондықтан халыққа қызмет көрсету орталығы Ақсу аудандық филиалының қызметкерлері апаттың алғашқы күндерінен бастап-ақ азаматтардың құжаттарын қалпына келтіру шараларын қолға алып, шұғыл түрде жұмысқа кіріскен. Яғни аудандық филиал қызметкерлері, бірінші кезекте, Қызылағаш ауылына келіп, жеке куәліктері мен төлқұжаты жоғалған азаматтарды анықтап алды. Сосын олар жедел түрде 392 құжатты рәсімдеп, 328 азаматқа жеке басын анықтайтын куәлік пен төлқұжатын дайындап берді. Айта кетейік, орталықта атқарылған бұл жұмыстардың заң талаптары аясында өз мерзімімен сапалы түрде орындалуына баса назар аударылуда. Мұндай шаралар ұйымдасқан түрде одан әрі де жалғаса бермек.

С. ҚАЛИБЕКОВ,
Ақсу аудандық ХҚКО филиалының инспекторы.

Мен «Жетісу» газетінің көп жылдан бергі тұрақты оқырманымын. Қазіргі кездегі жағдайға байланысты, почтадан жазылсам 2–3 күн кешігіп келіп немесе жоғалып кететіндіктен дүңгіршектен сатып алып оқимын. Бір санын да жібермеймін.

ХАЛЫҚПЕН БІРГЕМІЗ

Ал енді осы газет беттеріне көз жүгіртіп отырып, ойға келген мәселені жазбауға азаматтың ары жібермейді. Олай дейтінім, Қызылағаш ауылындағы апат Алланың жіберген науқасы екені рас. Бір жағынан бағып өсіріп, дүние-тәнімізге дейін жұмсаған жасыра алмаймыз.

Бұлай айтуыма себеп, сол бағенді мелеген адамның жоғалған суға оңық деп қарамай, негұрлым хабарсыз жоғалса, соғұрлым мұңырап, ақша түсер деген алдамшы үміт жетегінде болғандығы көрініп-ақ, тұрып жүрмыз. Өзімізді де ел қатарлы бір күнгі жалақыны қызылағаштықтарға көмекке арнап жібердік. Ал, енді Солтүстік Қазақстан облысындағы Қызылжар қаласындағы бір орыс кемпірінің зейнетақысына қарап отырғанына қазақстан қолда барын әкеліп, қызылағаштықтарға көмек жинап жатқан жерге тапсырып – адамдықтың, бауырмалдықтың айқын көрінісіндей әсер етті маған.

Жұматай ҚҰЛЫБЕКОВ,
ҚАСКЕЛЕҢ ҚАЛАСЫ.



ТҰҚЫМ ЖӨНЕЛТТІ

Алакөлдік диқандар көктемгі егіс кезінде қызылағаштық бауырларымызға 40 тонна сапалы тұқым жөнелтті.

«Көктемнің бір күні – жылға азық» деген қағиданы берік ұстанатын алакөлдік диқандар қызылағаштықтарға тұқым жинау бастамасы көтерілгенде бірауыздан қолдады. «Тоқжайлау» өндірістік кооперативі мен Т. Орынбаевтың шаруа қожалығы 10 тоннадан, Беков шаруа қожалығы 5 тонна, Әбдірахманов шаруа қожалығы мен «Жазылбеков және К» сенім серіктестігі 2 тоннадан, Т. Көкебаев, Б. Қошқаровтар бір тоннадан тұқым беріп, басқалары 2–3 күнде 40 тонна сапалы тұқым жинады. Қызылағаштықтар көктемгі жұмысты қолайлы мерзімде аяқтау үшін бұл тұқым дер кезінде жеткізілді.

Қазір алакөлдіктер қызылағаштықтар үшін мал жинауда. Алакөл ауданының тұрғындары шамамен 500 бас қой мен ешкі, 50 сиыр, 50 жылқы жинап беруді көздеп отыр.

С. ХАСЕНОВ.

АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

◈САЛАУАТТЫЛЫҚ – ӨМІР САЛТЫ

ЖАҚСЫ ІСТЕР ЖАЛҒАСТЫ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының бас директоры, медицина ғылымының докторы, профессор, ҚР АЭН академигі Сәуле Дикамбаева бастаған комиссия облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметінің ведомствоаралық жұмыс жоспарымен танысу мақсатында Елордамыз Астанадан арнайы келді.



Айнұр ӘБДІРАХЫМ, "Жетісу"

Комиссия құрамында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары Татьяна Славенова, ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілі Айжан Құсайынова, ҚР Ішкі істер министрлігі тыл департаменті медициналық басқармасының бас маманы Руслан Елембаев, Ұлттық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы ұйымдастыру бөлімінің бас маманы Бибігүл Сарымсақовалар бар. Олардың қатарына облысымыздың құзырлы басқарма басшылары да қосылды. Сейтіп, комиссия алғашқы күні Іле ауданындағы Өтеген батыр ауылында, Қапшағай қаласында, сонымен қатар Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзек кентінде болып, ондағы салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Бұл жайында Алматы облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры Галина Ұйғарова: «Аудандық емханалардың жұмысында көп өзгерістер болып жатыр. Соған қарамастан олар өздерінің жұмыстарын көрсете білді», – деп атап өтті.

Айта кетейік, комиссияның Сарыөзекке келуі ондағы жол апаты қаупіне байланысты 38 мектептің қатысуымен өткізілп жатқан акциямен сай келді. Сондықтан аудандар мен қалаларда атқарылып жатқан жұмыстарды көрген комиссия мүшелері орталық қызметкерлері мен оған қолдау көрсетіп отырған облыс әкімі Серік Үмбетовке ризашылығын білдірді.

Екінші күні Талдықорған қаласына келген комиссияны облыс әкімінің орынбасары Серік Мұханов қабылдады.

– Облысымызда жастарды салауатты өмір салтына бейімдеуде айтарлықтай жұмыстар атқарылуда. Бізде қазіргі заман талаптарына толық жауап бере алатын үлкен Спорт сарайының құрылысы жүріп жатыр. Онда спорттың әр түріне арналған залдар болады. Соз синхты бізде басқа облыстарда жоқ Достық үйі шығып, Тізе сарайы пайдалануға берілген, – деп Серік Мейірханұлы комиссия мүшелерімен таныстырып, жұмысына сәттілік тіледі.

Облыс әкімі орынбасарының қызылдауынша шақырған комиссия мүшелері «Тізе сарайы» мен «Достық үйін» аралап шықты. Содан кейін олар Талдықорған қалалық емханасына келіп, осында орналасқан облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы жанындағы «Дос» жастар денсаулық орталығының тұсаукесеріне қатысты.

– Көрші отырғанымыздай, Алматы облысында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша қолға алынған бағдарламалар мен жобалардың барлығы жүзеге асырылуда. Яғни бөлінген қаржы бағытты жұмсалуда. Оған дәлел, бұл аралаған аудандарда орталық бөлімшелері ашылған және барлық керек-жарақтармен жабдықталған екен. Аз жұмысым бастап кеткен «Дос» жастар денсаулық орталығының орны тығыз болсе. Мұндай орталықтар қазіргі жастарға өте керек. Себебі қазіргі емханалардың жұмыс ауқымы кең. Сондықтан олардың жастарға қолы жете бермейді. Ал статистика мәліметтеріне сүйенсек, науқастанушылықтың 30-35 пайызы осы жастар үлесіне тиеді, – деп отырып комиссия төрайымы Сәуле Дикамбаева облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығына және орталық жанындағы «Дос» жастар денсаулық орталығына жоғары баға берді.

Жұмыс жоспарының соңында комиссия мүшелері «Өркен» спорт кешені мен №25 орта мектебін аралап шықты.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ №76 (17345) сенбі, 26 маусым, 2010 жыл Тегін

◈ *Ауыл шаруашылығын қолдау*

ТОЛҒАНДЫРАР МӘСЕЛЕ КӨП



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕЕВ.

Кеше облыстық әкімдіктің үлкен жиналысында облыс әкімі Серік Үмбетов тұрғылық ақпарат құралдары өкілдерін қабылдап, жылы жүзбен өтіпті. Көпшілі кездесуге республикалық, облыстық, аудандық басылымдар мен телеарналардың редакторлары мен қызметкерлері қатысты. Сөйдай-ақ, бұл қатарда осы салада ұзақ уақыт еңбек етіп, көпір құрметті демалысқа жүрген қарт журналистер де болды.

Болат АБАҒАН,
"Жетісу"

Тыныштай Досымбекұлының айтуынша, Елбасы жүктеп отырған маңызды міндеттердің бастыларының бірі болып саналатын ауыл шаруашылығы өнімдерін барынша арттырып, осы саладағы тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру, агроөнеркәсіптік кешенді барынша ерекендету үшін облыста бірқатар аса үлкен ері маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен, жергілікті жерде іске асыруға қолайлы деп жорамалданған жобаларды қаржылық қолдауда бірқатар қиындықтар мен кедергілер алдан шығып отырғаны да рас көрінеді. Соңғы үш жылда «ҚазАгроХолдингке» қосылған 16 жобаның жартысы ғана мақұлданыпты. Өйткені, несиелеуге қатысты қойылып отырған талаптардың көбі ауыл шаруашылығы саласында еңбек ететіндер үшін тиімсіз. Мәселен, берілетін несиенің қайтарым мерзімі тым қысқа және пайыздық ставкасы шамадан тыс жоғары, тағысын тағылар. Өткен жылдары биязы жүнді қой шаруашылығын қолдауға қатысты қолға алынған шаралардың басым бөлігі қағаз жүзінде қалыпты. Мал бордақылауға, балық шаруашылығын өркендетуге қатысты ойластырылған қадамдарда да сәтсіздік жиі алдан шығады. Несиелеудің шарттары тым күрделеніп кеткен. Ауыл шаруашылығындағы басты байлық болып табылатын жер кепілдікке алынбайды, мүлікті, малды бағалау талапқа сай емес, ала жаздай тер төгіп жүріп алынған өнімді өткізуде және өткізілгеннің төлемне қол жеткізуде кедергілер жетеріік. Техниканы лизингке алуда да алдан шығар қиындықтар баршылық. Тоқетерін айтқанда, ауыл шаруашылығын табысты несиелеуге қарағанда проблемалар көп. Басқаны айтпағанда, облыстан «Аграрлық несиелік корпорация» арқылы ауыл шаруашылығын қолдауға бөлінген 200 млн. теңгенің бір жыл ішінде 69 млн. теңгесі ғана игерілді. Осындай түсінбестіктер мен түрлі кедергілер салдарынан өткен жылдық осы уақытымен салыстырғанда, биылғы берілген несиенің сомасы 511,4 млн. теңгеге төмендеп кетіпті. Соған қарамастан облыста ауылдық тұтынушылар кооперативтерін құру жақсы жүріп жатқан көрінеді. Қазіргі кезде өңірде осындай 39 кооператив жұмыс істейді. Алайда, мұнда да бірқатар мәселелер алдан шығады екен. Осыған орай бірқатар ұсыныстар ортаға салынды.

(Соңы 2- бетте).

◈ *Облыстық әкімдікте*

ҚОҒАМНЫҢ ТОЛЫҚҚАНДЫ МҮШЕСІ

немесе ҚР «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы қалай жүзеге асуда?

Ағымын бейсенбісі күні облыстық әкімдікте облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталовтың қатысуымен облыс әкімдігі мәжілісі өтті. Онда аудан, қала әкімдері, ауылдық, қалалық мәслихаттың хатшылары, облыстық басқарма басшылары қатысты. Күн тәртібінде Қапшағай мен Текелі қалаларын аттарушы органдарының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру жөніндегі атқарған жұмыстары және Алматы облысы әкімдігінің 2009 жылғы 28 қарашадағы №336 «Кадрлық резерві комплектеулер және кадрларды іріктеумен орналастыру бойынша Қаратал және Талғар аудандары әкімдері аппаратының жұмысы туралы» сөз болды.

Сарби ӘЙТЕНОВА,
"Жетісу"

Мәжілістегі бірінші мәселе бойынша Қапшағай және Текелі қалаларының әкімдері баяндама жасады. Алғаш болып Қапшағай қаласы әкімінің міндетін атқарушы Ілияс Сүгіров сөз алды. Оның сөзінше «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңын жүзеге асыруда Қапшағай қаласының аттарушы органдары біршама жұмыс атқарған. Қапшағай қаласындағы тұрғылық санының 2,5 пайызын мүгедек жандар құрайды. Осы уақытқа дейін мүгедектерді оңалтуға облыстық бюджеттен 13,2 млн. теңге бөлініп, оның 335,8 мың теңгесі мүгедектер арбасын алуға, 1,6 млн. теңгесі 28 сурдотехникалық құралдарды, 4,4 млн. теңгесі 56 санаторлық-курорттық жолдамалар сатып алуға, ал 3,2 млн. теңгесі 64 мүгедекке протездеу-ортопедиялық көмек көрсетуге жұмсалған. Ал, өкінішке қарсы биылғы бірінші тоқсанда 44 мүгедекке және көмекші ұстауға, мәслихат тілмаш маманына және пәтерлеуге бұйырмаған қаражат сатып алу үшін 3,6 млн. теңге бөлінгенін. Өз сөзінде Ілияс Сүгіров бұдан өзге де келелі мәселелерге тоқталды.

Келесі кезекте сөз Текелі қаласының әкімі Серікжан Бесқемировке берілді. Текелі қаласында 28,4 мың адам тұрса, оның 3,4 пайызын мүгедектер құрайды. Бүгінгі күнге дейін мүгедектерді оңалтуға 17,4 млн. теңге бөлінсе, оның 3,2 мың теңгесі 10 мүгедек арбасын алуға, 5,1 млн. теңгесі 70 санаторлық-курорттық жолдамаларды, 1,1 млн. теңгесі 33 сурдотехникалық құралдарды сатып алуға, 1,9 млн. теңгесі 27 мүгедекке протездеу ортопедиялық көмек көрсетуге бағытталған. Текелі қаласының жұмыспен қамту бөлімше жұмыс сұрап өтініш білдірген 35 мүгедектің 12-сі жұмысқа орналастырылса, 12 адам немесе 69 пайызы қоғамдық жұмыстарға жіберілген. Қала әкімдігі қала өміріне, мәдени және спорттық шараларға белсене қатысатын «Ақниет», «Қазақ мигрантар қоғамы», «Қазақ керіс-мылқаулар қоғамы» сияқты қоғамдық ұйымдарымен тығыз жұмыс істейтіндіктерін де айтып өтті. Қала әкімінің баяндамасы тыңдалғаннан кейін облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталовтың мүгедектерге бөлінетін квотаның дұрыс пайдалана алмай отырғалу себебінен мәнісін сұрады. Бұл сауалға қала әкімі нақтылай түсініктеме берді.

Мұнан соң сөз кезегі облыстық жұмыспен қамтуды ұйымдастыру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Ұмсын Балабиевқа берілді.

(Соңы 2- бетте).

◈ *Облыстық әкімдікте*

ЖУРНАЛИСТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

Журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында облыс әкімі Серік Үмбетов бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін қабылдап, жылы жүзбен өтіпті. Кездесуге республикалық, облыстық, аудандық басылымдар мен телеарналардың редакторлары мен қызметкерлері қатысты. Сөндай-ақ, бұл қатарда осы салада ұзақ уақыт еңбек етіп, көпір құрметті демалысқа жүрген қарт журналистер де болды.

Қажет АЙДАС,
"Жетісу"

Кездесуде облыс әкімі **Серік Үмбетов** журналистерді төл мерекелерімен құттықтап, сөз сөйледі:

– Мереке қарсаңында өздерінізбен жүздесіп отыру қашаннан қалыптасқан дәстүрлі жағдай. Қай қызметтің де өзіндік орны, салмағы бар. Десе де, идеология саласы бірінші орында тұрады. Онда журналистердің арқалайтын жүгі ауыр. Өйткені, журналистер өлкемізде өткізілген барлық істің басы-қасында жүріп, оны халыққа уағында жеткізіп отырады. Өсіресе, биылғы көктемде Қызылағаш елді мекенінде орын алған су апаты кезінде бұқаралық ақпарат құралдары көп септігін тигізді. Алғашқы күннен бастап бүгінге дейін халықпен бірге болып, жұмыс барысын баспасөз немесе телидидар арқылы түсіндіріп отырды. Сондықтан, осы саланың өкілдеріне шынайы алғысымды білдіремін, – деген облыс басшысы одан ары өңіріміздегі экономикалық, әлеуметтік салаларда өткарылған тыныштықты шараларды, облыс орталығы Талдықорған қаласында өтетін мәдениет күндерін, аудандарда өтетін жазушылармен жүздесулер және қаламгерлерге көрсетілін отырған қолдаулар мен салт-дәстүрімізді құрмет тұту және оны өскелең ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында жасалған игі істерді айтып өтті.

Кездесу барысында сөз алған Ғайыс Егембердиев, қалалық ардагер журналистер ұйымының төрағасы Болат Бисұлтанов, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Жұмабай Шаштайұлы, тағы басқа да ардагер журналистер мен қаламгерлер облыс әкімінің мәдениет, өнер саласына ерекше мән беретін парасаттылығы мен ақын-жазушыларға құрмет көрсеткен тектілігін айта келіп, өздерін толғандырып жүрген бірқатар ойларымен де бөлісті.

Облыс басшысы болса айтылған өтініштер мен сұрақтарға тұщымды жауап беріп, кездесуге жиналған журналистерге деген ыстық тілегін білдірді. Сондай-ақ, өңіріміздегі журналистердің энциклопедиясын жасау туралы ұсынысын ортаға салды.

АПТА ТЫНЫСЫ

21 маусымда Үкімет басшысы Көрім Мәсімовтің төрағалығымен селекторлық жиын өтті. Жиында 28 маусым күні өткізу жоспарланып отырған Елбасына инвестициялық жобаларды таныстыру телекөпіріне өңірлердің дайындығы барысы пысықталды. Басқосуда Жетісу аймағында іске қосылатын жаңа жобалардың дайындығы туралы облыс әкімі Серік Үмбетов хабарлама жасады.

23 маусым күні облыс басшысы Серік Үмбетов Жамбыл ауданы, Ақдәйкер ауылындағы газ құбырының ашылу салтанатына қатысты.

Сәрсенбі күні облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов Талдықорған қаласының «Жетісу» стадионында өткен велоспорттан ҚР ұлттық чемпионатының ашылу шарасында болды.

24 маусымда облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталовтың төрағалығымен Қапшағай, Текелі қалалары атқарушы органдарының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңын орындауы туралы мәселелер қараған облыс әкімдігінің мәжілісі өтті.

Бейсенбіде облыс әкімінің бірінші орынбасарының қатысуымен Қызылағаш ауылында «BNИнвест» және «Гранит» құрылыс компаниялары салған 20 үйдің кілтін тапсыру салтанаты өтті.

25 маусым күні облыс әкімі Серік Үмбетовтің төрағалығымен ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Марат Оразаевтың қатысуымен өткен жиында Алматы қаласы маңында азық-түлік белдеуін құру шеңберінде бизнес-жобаларды қаржыландыру және жүзеге асыру мәселелері тақырыбы талқыланды.

Жұма күні Алматы облыстық кәсіподақ активінің жиыны өтті. Оған облыс әкімі Серік Үмбетов пен ҚР Кәсіподақ федерациясының төрағасы С. Мұқашев қатысты.

25 маусымда Баспасөз, теледидар, радио күні мерекесіне орай облыс әкімі Серік Үмбетов БАҚ өкілдерімен кездесу өткізді.

25 маусым күні Талдықорған қаласында Балқаш ауданының мәдени күні өтті.

ОБЛЫС ӨКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

◈ *Ақжолтай хабар*

ҚЫЗЫЛАҒАШТАҒЫ ҚОНЫСТОЙ

Ел азаматтары Қызылағашта орын алған су тасқынынан кейін елді мекенді қалпына келтіруге жұмыла кіріскен еді. Осы орайда ПФХ «BN – INVEST» компаниясының президенті Болат Назарбаев 20 отбасына баспана салып бермек болған. Бүгінде сол үзде орындалып, жаңа үйлер 81 иелеріне табыс етілді. Соған орай Жібек жолы көшесіндегі 10 отбасы мен Асар көшесіндегі 10 отбасының тұрғындары қоныстойын тойлады.

Қажет АЙДАС,
"Жетісу"

Қоныстой қуанышына арнайы келген Болат Назарбаев жаңа үйдің иелерін құттықтап, жылы лебізімен бөлісті.

– *Қандай қиындық болса да ел болып жұмылсақ, бәрін жеңуге болады екен. Мұны Қызылағаш ауылын қалпына келтіру барысында жасалған жұмыстар дәлелдеп берді. Осы ретте бізді де шексіз үлесіміз болды. Осыған орай, бүгін тапсырылатын үйлерді ПФХ «BN – INVEST» компаниясының сіздерге жасаған сыйы деп біліңіздер. Сонымен бірге, жоспарлы жұмыстың басқасында болып, шаруаның тиімалын келтірген өзімнің орынбасарым Геннадий Алексеевич пен барлық жұмыскерлердің атқарған еңбегін атап кеткім келеді. Осылайша сіздердің иелігіңізге берілген үйлер отбасыларыңызға құт-берекс әкелсін. Осында немерелі-шөберелі болып, өсіп-өніңіздер, – деді ол.*

Келесі сөз кезегін алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов жұртшылыққа облыс әкімі Серік Үмбетовтің сәлемін жеткізіп, осы айдың соңында тағы бір үлкен қуанышпен болатынын айтты. Сондай-ақ, жуық арада Қызылағаш елді мекенін қалпына келтіру жұмыстарының тиімалын табатынын жеткізді.

Ауыл тұрғындары атынан сөз алған зейнеткер Балтабек Рахымжанов осындай қуанышқа сыйлап отырған азаматтарға деген ризашылығын жайып салды. *«Алғаш су тасқынын болғанда не істерімізді білмей абдырап қалған едік. Мұндай жалдайды осында тұрғындардың бәрі бастан кешірді. Ал қазір көңілімізден күдік арылып, жанымызға жылылық ұялады. Бұл үшін, ең алдымен, халқын қиындыққа қалдырмаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа айтар алғысымыз шексіз. Екіншіден, аз ғана уақыт бұрын Болат Назарбаев 20 отбасына жаңа баспана салып бермекке үзде берген болатын. Сол үздесінде тұрып, бізге қуаныш сыйлаған Болат Әбішұлына және күндіз-түні тынбай жұмыс атқарған құрылыстшыларға разымыз»*, – деді ризашылығын жасырмай.



Жұмабайдың фотосы.

Бұдан соң жұртшылық алдына шыққан Жібек жолы көшесіндегі №1 үйдің қоныс иесі Салтанат Рабигазиева: *«Отбасымызда төрт жан барміз. Бүгін, міне, төртеуміз үйге кіріп отырмыз. Баспананың сол бұрышы орнына салынатына тіпті қуанып келеміз»*, – дей келе Елбасына деген риза көңілі мен жандары жабылғанда жарасімді болған Болат Назарбаевқа, оң басқаратын ПФХ «BN – INVEST» компаниясының ұжымына шынайы разашылығын тілге тиек етті. Келесі кезекте ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Нұрбек Қасымбеков жайлы қонысқа жарасымды бата берді.

Ақ тілектер айтылып, шаттыққа толы лебіздер тыңдалған соң компания президенті Болат Назарбаев пен орынбасары Геннадий Алексеевич тұрғындарға жаңа үйдің кілтін табыс етті. Содан кейін көпшілік жаңадан берілген бірнеше үйді аралап көріп, ақ дастарқанның дәм татып, қуанышты жандарға мол бақыт пен құт-береке тіледі.

Заманауи үлгіде салынған үйлер газ-қатар тәлімі, ауылдың айшығын аша түскен. Көлемдерілері алдыған айырмашылық болмаса, жаңа баспаналардың сыртқы келбеті мен ішкі жобасы ұқсас. Баспананың айналасында бақшалық және қосалқы құрылыстарға арналған жеткілікті жер телімі бар. Сондай-ақ, әр үйдің есігінің алды машине еркін кіріп-шығатындай мәйдалстырылған. Сумен су және электр желісі тартылып, жолдар асфальтталған. Бір сөзбен айтқанда, жаңа қоныстың барлық жағдайы жасалған.

◈ *Бәрекелді!*

«АЛТЫН БАРЫС» СЫЙЛЫҒЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Жақында Мәскеу қаласындағы «Президент-отель» қонақүйінде «XXI ғасырдың көшбасшылары» имидждік бағдарламасының аясында халықаралық награда иегерлерін құрметтеу салтанаты болып өтті. Награда иегерлерінің арасында біздің жерлесіміз, облыстық мәслихаттың депутаты, Балқаш ауданындағы «Бірлік агрофирмасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Әбдіжаппар Қыстаубаев та бар.

Нүсіпбай ӘБДРАХЫМ,
"Жетісу"

Халықаралық өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер конгресінің вице-президенттер Вячеслав Пшеничников пен Валерий Казюлинец, авиация генерал-полковнигі В. Дейнекиннің қатысуымен өткен салтанатта аздеғеған ұйымдастырушылық қабілеті мен белсенді азаматтық ұстанымымен саясат пен экономиканың, ғылым мен мәдениеттің дамуына айтарлықтай ықпал етіп жүрген бизнестің, ғылым мен мәдениеттің кәсібасшыларына құрмет көрсетілді. Марапатталғандардың арасында Әзірбайжан мен Беларусь, Қазақстан мен Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан мен Украина республикаларының бизнес пен ғылым, білім салаларының өкілдері бар.

Балқаштық іскер азамат Әбдіжаппар Қыстаубаевқа халықаралық «Алтын барыс» («Золотой ягуар») мен «Даңқ мерейі» («Лавры славы») наградалары тапсырылып, дипломдары мен сертификаттары қоса берілді. Халықаралық әлеуметтік серіктестік корпорациясы мен Халықаралық өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер конгресінің Еуропалық бизнес Ассамблеясы мен Іскер топтар ассамблеясының басшылары қол қойған қос дипломда марапаттың заманауи әлемдегі кәсіби жетістіктері мен қоғамның интеллектуалдық дамуына қосқан үлесі, бизнестегі кірішсіз ата-абыройы және өнім өндіру мен қызмет көрсетуде жоғары сапаға қол жеткізген үшін берілп отырғандығы атап көрсетілген.

Награда иегерлерінің арасында басқа да отандастарымыз бар. Мәселен, «Теңізаатокөлік» ЖШС-нің директоры Қалдаш Мамбетов халықаралық II дәрежелі «Достастық» орденне не болса, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясының ректоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Сексенбаевқа халықаралық «Алтын Меркурий» наградасы, «Astana Motors Leasing» ЖШС директоры М. Мұсабековаға халықаралық «Даңқ мерейі» наградасы тапсырылды.

– Мәскеуге шақыру келгенде таңданысымдм жасыра да алмай қалдым. Не үшін шақырып жатқанын аудандық, облыстық мекемелердің қызметкерлері де біле қоймады. Сейтсек, төуелсіз имидждік зерттеулер институты деген арнайы бір мекеме зерттеу жүргізіп отырады екен. Сол институт ауыл шаруашылығы құрылымдары бойынша біздің агрофирманы, бизнесмен ретінде мені үздік деп тауыпты. Жасырып керегі не, мерейімз өсіп қалды, – дейді Әбдіжаппар Өгізбайұлы алтындатылған статуэткалар мен дипломдарын, тәсбелгілерін көрсетіп тұрып.



Жұмабайдың фотосы.

2003 жылғы 14 желтоқсанда Ұлыбританияның Лондон қаласында құрылған «XXI ғасырдың көшбасшылары» имидждік бағдарламасы мемлекеттік және халықаралық коммуникативтік кеңістікте саясат пен экономикадағы, ғылым мен мәдениеттегі көшбасшыларды ұлттық дәстүрлермен айқындалған оң имидждік қалыптастыруды көздейді. Жерлесіміздің бұл бағдарлама бойынша үздік танылып отырғандығы аудан ғана емес, облыс үшін де абырой десек, асырып айтқандық бола қоймас деп ойлаймыз.

«Жылқыда да жақсы бар, қазанатта бір билеп жүгіртіп де жүгі бар, азаматы бір билеп» дегендей, қалшалық арасында бизнес өкілдеріне де әртүрлі баға беріледі. Әбдіжаппар Өгізбайұлы болса, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін айқын сезініп, бір құрылымның жұмысын ғана емес, бүкіл бір ауылдың тұрмыс-тіршілігін кеңінен ойластырып, барлық жауапкершілігін мойнына алып отырған аттал азамат. Соған орай жоғары награданың нақты иесі дәл тапқандығы қуантады.

«Бірлік агрофирмасы» ЖШС биылғы жылы 1600 гектар алқапқа күріш соншама жерге арпа бидай, 2100 гектар жерге көкөністерді де біле қоймады. Сөйтсек, төуелсіз имидждік зерттеулер институты деген арнайы бір мекеме зерттеу жүргізіп отырады екен. Сол институт ауыл шаруашылығы құрылымдары бойынша біздің агрофирманы, бизнесмен ретінде мені үздік деп тауыпты. Жасырып керегі не, мерейімз өсіп қалды, – дейді Әбдіжаппар Өгізбайұлы алтындатылған статуэткалар мен дипломдарын, тәсбелгілерін көрсетіп тұрып.

ЖЕДЕЛХАТ

Құрметті Жақсылық Мырзабекұлы!

*Сізді және облыстық «Жетісу» газеті журналистерін көптен мерекелеріңіз – Баспасөз, теледидар және радио күнімен құттықтаймын. Отандық ақпарат айдынында жаңа көзқарасты ұстанған, оқырмандарының сұранысын ескере отырып, қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және спорттық ауқымдағы ақпараттарды ұдайы жариялап, халықтың ой-пікірін қалыптастыруда, мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы кері байланысты нығайтуда ерекше рөл атқаратын облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы бүгінде жүздеген сенімді оқырмандарына ие. Газеттің қатарында ойлы, жігерлі, қабілетті қаламгерлер, тәжірибелі журналистер еңбек етеді. Сіздердің ұжымдарыңызда жаңа буын өкілдері де қалыптасып келеді. Сіздердің ұжымдарыңызда мәдениеттің, өнердің, спорттың, ғылым мен білімнің, денсаулық сақтаудың, экономиканың, ауыл шаруашылығының, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік қызметтің, қоғамдық ұйымдардың, бизнес пен кәсіпкерліктің, сондай-ақ, жастар мен әйелдер ісінің, спорттың, туризмнің, ветеринарияның, қоршаған ортаны қорғаудың, қалалық және ауылдық инфрақұрылымдардың, коммуналдық шаруашылықтың, тұрғын үй-азаматтық құрылысының, көлік және байланыстың, ақпараттық технологиялардың, ғылым мен инновациялардың, сауда және қызмет көрсетудің, қаржы-несие саласының, сондай-ақ, өзге де салалардың мәселелерін қозғайтын, оларды шешуге ықпал ететін, қоғамдық пікірді қалыптастыратын, ұлттық құндылықтарды, мәдени мұраны, тарихи жадты, ұлттық рухты, патриотизмді, отбасылық құндылықтарды, ұлттық дәстүрлерді, ұлттық тілді, мемлекеттік тілді дамытуға, ұлттық және жалпыадамза

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

● Газет 1918 жылғы мамырымнан шығады ● № 73-74 (17343) Сейсенбі, 22 мамыр, 2010 жыл ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Казакстан - 2030

ресми хабарлар

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ АРНАЙЫ КЕҢЕС ӨТКІЗЕДІ

Үкімет басшысы шілде айында депутаттар көтерген мәселеге қатысты арнайы кеңес өткізеді.

Онда Үкімет мүшелері мен барлық әкімдер депутаттар сауалына жауап береді. Бүгін ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында депутаттардың сауалына жауап берген Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов осылай мәлім етті.

«Бүгін Парламент депутаттары Үкіметтің әрекеттеріне толық қолдау білдірді деп ойлаймын. Сонымен қатар, мен бүгін жауап беріп үлгере алмаған сауалдар бойынша арнайы шешім қабылладым. Соған сәйкес шілде айында Үкіметтің арнайы селекторлық кеңесін өткізетін боламыз. Үкімет мүшелері мен барлық әкімдер бүгінгі жиында көтерілген әрбір мәселеге жауап беретін болады», деді К. Мәсімов.

◈МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

ЖАҢА ҚЫРЫНАН КӨРІНДІ

Мәдениет күндерін ұйымдастыру қазақтың қанындағы қонақжайлы дәстүрді жалғастырып, өңгелі істердің ауқалы ауқымдыға ыспалын тигізіп келе жатыр. Бұл өскендігі, көретендігі көрсетіп, көшке үлгі болардық шара. Оның арқасындағы – ауыл тұрғындары облыс орталығының тыныс-тіршілігімен танысып, күн сайын ауқалы көлі жаңадықтан хабардар болса, қала тұрғындары мазмұн мұралармызбен сусындап, ауыл өнерпаздарының өнерін танымалын, сөрін кеңейтіп. Әсіресе, мұндай шаралар бүгінгі қарқынды дәуірдегі елді мекендерден тұрған кезекте тіптен керек. Өйткені, көнсандай қиындық руһы мығым елдің еңсесін түсіре алмайды.

Міне, осындай ұлттық құндылықтарды ұлықтаған шараны бұл жолы Қарасай ауданы жалғастырды. Алыстан келген аудан әкімдеріне, кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының өкілдеріне, көптеп депутаттарға, мектеп жетекшілеріне және ұлттық мәдени орталықтардың өкілдеріне облыс әкімінің бірінші орынбасары **Аманлық Батаев** қабылдады. Қарасай ауданының көпсін көлемдерін құттықтап, облыс орталығында өтіп отырған мәдениет күндеріне жауапкершілікпен қонақ, ерекше дайындықпен келгендігін атап өткен Аманлық Сәбдасұлы:

– Қарасай ауданын 32 үлт өкілінен тұратын 172 мың адам мекен дәстүр бесігі саналады. Оның үстіне экономикалық және әлеуметтік жақтан жеткен жетістіктері де әбден. – деп бастады сөзін. – Облысымыздың көрсеткіштері жыл сайын өсіп, тың истіктерімен ерекшеленуде. Кәзір республикадағы алдыңғы бестікке енып отырмыз. Сондай-ақ, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша екі жылдан бері облысымызға 12,7 млрд. теңге қаржы бөлініп келеді. Мұның өзі үлкен істерге ұйытқы болуда. Өткен жылы бағдарлама аясында Қарасай ауданына 1,9 млрд. теңге қаржы бөлініп, бұл 1,3 млрд. теңгені құрап отыр. Мұның өзі талай шаруаның тынысы кеңейтіп бөлдіреді. Мұнан өзге өнеркәсіпте 22 жаңа жоба қолға алынып отыр. Жыл соңына дейін мұнан 9-ы қолданысқа беріледі. Ал, өнеркәсіп, экономика, әлеуметтік жақтарда да тың серпін бар. Білім беру мен денсаулық сақтау салаларында атқарылған жұмыстар да көңіл көншітеді. Басқасын айтпағанның өзінде, «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша облысымызда 10 мектеп, 4 аурухана салынып, қолданысқа берілді. Бұл күзде Талдықорған қаласында Президенттің интернаттық мектебі ашылады. Сондай-ақ, Шамалғанның 600 орынды мектеп, Өтегең батыр ауылының балалар емханасы күзгілі жөнелуден өтеді. Ал, «Балапан» бағдарламасы аясында облыс аумағында 121 шағын орталық салынып, балаларымыздың балабақшамен қамтылуын 37 пайызға жеткізу көзделуде. Бір сөзбен айтқанда, қай салада болсын атқарылған жұмыстардың көрсеткіш жоғары деңгейде, – деді.



Кезекті кезекте аудан әкімі Латиф Тұрғанов ауданға атқарылыс жаңадықтарды баяндады.

– Ірі өнеркәсіптік орындардың Алматы қаласының маңында орналасқан Қарасай ауданы облыс аумағының 1 пайызын құрағанымен өндірілген өнірге өнімнің 27,2, ауыл шаруашылығы өнімінің 8,4, инвестицияның тартудан 34,9, тұрғын үй көлемінің 65,9 пайызын орындап отыр. Былтыр жылдың 5 айында өнірге енген 32 млрд. 264 млн. теңгенің құрап, өткен жылғы үлкес мерзіммен салыстырғанда 135,9 пайыз болып отыр. Жүйелі жұмыстардың нәтижесінде ауданғы кәсіпорындардың өнімділігі артып, жұмыссыздық бел алмаған. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау көрсетілін, тұрақты жұмыс орындары көптеп ашылған. Тұрғын үй құрылысына 31 млрд. 520 млн. теңге инвестиция тартылып, жұмысөнерлердің жалақысы өткен жылмен салыстырғанда 114,9 пайызға артқан. Қысқасы, кай салада болмасын жоғары көрсеткішке не болуда Қарасай ауданы аудандар рейтингі бойынша облысымызда 1 орынды иелеуін, еңбекақылардың мерей өсуде. Мұнан өзге, мәдениет пен өнерге бағытталған шараларға да тың мазмұн көрсетіліп, тұрғындардың мәдени өмірін байытуға мән берілген, – деп сөзін түйіндеді.

Бұдан соң мінберге көтерілген жандың бей-жай қалдырмағаны анық. Ауданның көпсілдік өкілдерді салған сырлы суреттер мен шеберлік орнектер көрмелерін қызықтауға түсті.

Әрине, облыс әкімшілігінің Қарасай ауданының орны ерекше. Осының бір қыры мен сырын шешіп түрлі бейнелейтін бейнетасма да жұртты өзіне бұрып алды.

Иә, мерекеге өнер адамдарының өткен де, өнерлі тұлғаларға толы жұлдыздар Құрметті азаматы, халықтық ақсақалдар кеңесінің орынбасары Сәйлаубек Қыдыралиев, «Мәнінде» ЖШС-нан директоры Владимир Мағлашов, Ұлыбританияда өткен халықаралық ағылшын тілі байқауының жеңімпазы, Абай орта мектебінің түлегі Дамира Рахимовалар мәдениет күндері аясында өткізіп шараның ұлттық мұрамызды ұлықтау мен халыққа беретін тағылымын ілгері түсті.

Әрине, тамыры терекке, өмірі өнерге айналған Қарасай ауданының экономикалық және әлеуметтік, қоғамдық-саяси өмірі туралы әңгіменің өзегі ұзақ. Алайда, Алатауға шек артып жаткан ұлы өңірдің бірлігін бөліп, достықтың көлдігін айқынды өнермен паш етуден қонақтан кетпейтіні анық.

Берекесі мен пейілі жарасқан Қарасай ауданының өкілдерін дайындаған концерттік бағдарлама жастарға арналған би кешіне ұласып, түннің бір уағына дейін жалғасты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Суретті түсірген В. АРДАШЕВ.

Жетісу жерінде

Ақиқаттың жыр кеші

Райымбек ауданының кәсіпкерлік және кәсіпкері Қарасай ауданының таланттар ағасы емес. Солардың бірі әйгілі ғалымның жары, ұстаз Шәрипат Мәсімбай.

Қанат БІРЖАНСАЛ,
"Жетісу"

Қарасай ауылындағы Әділжан Нәлиев бастауыш Алаш Асан Бармақбекұлы атындағы орта мектеп-гимназиясының жаңа ғимаратын Шәрипат Мәсімбайқызы шәкірттерімізбен таныстыру кешін ұйымдастырған болатын. Мәжілісте, әңгіменің өткен жылы жарық көрген «Жүрегімнің көлкесі» жыр кітабында, ақиқатын өткен жылы жарық көрген «Жүрегімнің көлкесі» және айтылды. Кешке ақынның Қарасай ауылында тұрғындары болып, шығармашылық кездесу өткізгендігі туралы жыр жолдарының қамтылғандығы Мұқағали жұрағаттары оқып берді.

Онда түлеуын филология ғылымының кандидаты Мұқағали Мұхтарханов, ақын Мұхтархан Қалтұлы кесті. Кешті жайлаушы директоры Жұмаш Өтеев, ақын Мұхтархан Қалтұлы кесті. Кешті өнерлі әңгімелер Хәлия Сматқызы, Гүлбаршын Құлтөрбекқызы және ақынның өлеңдерінен жеткізді. Жыр кешінде ақынның өлеңдері жаңалықтарын өнерлі әңгімелер орындады. Шәрипат Мәсімбай және жаңалықтарын оқыды. Мектеп ұжымы оған сый-құрметін көрсетті.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Колледждегі «Екі жұлдыз»

Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі таланты елімізің дамуына өз үлесін қосып келе жаткен білім ордасының бірі болып табылады. Оқу орнының негізгі бағыты – су шаруашылығына кәсіпті маманлар даярлау. 65 жылдан астам тарихы бар колледжде кәзіргі таңда Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген түлектер білім алуда.

Мұнда бүгінгі таңда талабына сай мәдени-көпшілік іс-шаралар да толымды өткізілуде. Мәселен, жыл сайын кәсіптік бағыт беру жұмысына қайтып, «Екі жұлдыз» байқауы ұйымдастырылады. Ақпанның ік-жұлдызы кешті ұжымы мен студенттері ғана емес, сондай-ақ, Үшқоңыр ауылындағы мектептердің директорлары, оқушылары, ауыл тұрғындары мен қонақтар шымырлады.

Байқау кезеңдері халық әндерін, шет ел әндерін және мамандық тақырыбындағы әндерді қамтыды. Тәртіпсіз де қызықты өткен байқауда ағылшын тілінің оқытушысы Бижанова Күрбанай және 1-курс студенті Қасымбаев Дархан «Екі жұлдыз» атағын иеленіп, арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ, басқа да қатысушыларға колледж әжімшілігі атынан Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Н. ҚАЛИБЕККЫЗЫ.

ҮШҚОҢЫР АУЫЛЫ,
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

◈ҚЫЗЫЛАҒАШТАН ХАБАР

Өткен айтанын аяғында Астана қаласынан арнайы келген Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов бастаған делегация тасқын судың апатынан зардап шегіп, бұл күндері құрылыс жұмыстары жандандырып, қайтадан түрленген Қызылағаш ауылына өбасын бұрды. Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты Людмила Хочиева, Президент Әкімшілігінің инспекторы Назира Шаяпан сынды келген қонақтарды облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов бастап жүрді.

ҚОС НЫСАН ҚОСЫЛМАҚШЫ

Осыдан үш айдан астам уақыт бұрын Қызылағаш ауылы ауыр жағдайда қалған кезінде жұрт болып жұмыла кірісіп, ел өңсесінің қайта көтерілуіне барлық қазақстандықтар атсалысқаны белгілі. Солардың бірі Қазақстан халқы Ассамблеясы еді. Олар өз жауапкершіліктеріне екі нысанды алған-тын. Оның бірі ауылжастарына арналған спорт кешені болса, екіншісі қоғамдық мәншаның жұмысы болатын. Ералы Луқпанұлы басқтап келген топ құрылыс жұмыстарының қалыпты жағдайда, еңбек етіп жатқандықтарын атап өтті. Сонымен бірге, жұмыс қарқыны бір сәт саябырсымай аталмыш нысан уақытында пайдалануға берілуі үшін дәл сол күні қосымша бір миллион қаржы әлә келгендерін де жеткізді. Өз кезегінде сөз алған депутат Людмила Хочиева Елбасының тікелей қолдауымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы ел тұрғындарының басына түскен қандай да ауыртпалық болмасын қолдап, қолұшын беріп отыратындығын айта келіп, Қызылағаш ауылының қайтадан түлеп, қатарға қосылуы үшін барынша көмек беретіндіктерін де тілге тиек етті. Бір шаңырақтың астында бірлесіп, тату тәтті өмір сүріп келе жаткан өзге ұлт өкілдері бұл жеміс Елбасының сындарлы саясатының нәтижесі деп бағалайтындықтарын да жасырмады. Соның жарқын көрінісі Қазақстан халқы Ассамблеясы өздеріне міндеттелген қос нысанды шілде айының ортасында тапсыруды ұйғарғанын, бірақ бүгінгі қарқынды жұмыстың бағытына қарағанда алдын ала, яғни шілденің бесі күні табыстап қалатындықтарын да жеткізді.

Қалай десек те, Ақсу ауданының Қызылағаш ауылы аз уақыт ішінде көркейіп, қабырғага батқан ауыртпалықтың салмағы кетіп, ел өңсесінің көтерілін жаткаңы жасырын емес. Елдігіміз сынға түскен осындай сәтте бірлік таныта отырып, жұмыла кіріскенімездің нәтижесінде ауыл ажары ашылып, көңілдерден мұң шашылуда.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

◈ *Қалалық мәслихатта*



Жағымды жаңалық көп

Талдықорған қаласы соңғы жылдары тұрақты дамуды бастан өткеріп, жағымды жаңалықтарымен жұрт көпілінен шығып келеді. Бұл да қала экономикасы мен тұрғындардың әлеуметтік жағдайы жақсы көрсеткіштерге толы болды. Бұл туралы Сәкен ЖЫЛҚАЙДАРОВ қалалық мәслихат депутаттары мен жұртшылықтың алдында берген есебінен көз жеткіздік. Есеп беруге арналған жиынды қалалық мәслихат хатшысы Марат Бопазов жүргізіп, жиналғандарды күн тәртібімен таныстырып өткен соң сөз кезегін қала әкіміне берді.

Қажет АЙДАС,
"Жетісу"

– Әлемдік қаржы дағдарысына қарамастан, биылғы өткарылған жұмыстардың бәрі қазанның әлеуметтік-экономикалық дамуына, азаматтардың әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және қоғамдағы сабыр тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталды, – деп бастаған баяндамашы келесі кезекте инвестиция тарту, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және білім, денсаулық сақтау салалары мен орта – шағын кәсіпкерлікті дамыту барысында атқарылған жұмыстарды сараптап берді.

Бүгінгі күні қаламыз барлық жағынан өркендеп, өсіп келеді. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы оңды өзгерістер одан әрі жалғасып, бекі түсуде, бюджеттік түсім молайып, барлық салада ілгерілеу тәркетлі. Атап айтар болсақ, қала әкімшілігі аппаратты жыл басынан бері 13 әкімдік отырыс, 17 аппараттық кеңес өткізген. Азаматтардан түскен 2727 өтініш қаралып, тиісті шешімдер қабылданған, түсініктеме берілген немесе тиісті мемлекеттік орындарға жіберілген. Қала басшылары 352 адамды қабылдаған. Сондай-ақ, атқамдағы жылдың алғашқы 5 айында барлық сала бойынша дағду байқалады. Есепті мерзімде бюджетке 3 млрд. 343 млн. теңге төлемдер түсіп, мекке 32,9 пайызға асыра орындалған. Ал бюджеттің шығыс бөлігі 99,0 пайызға жүзеге асқан. Өнеркәсіпте 8,7 млрд. теңгенің өнімдері өндірілген. Бірақтар іри кәсіпкерлік өткен жылғы деңгейімен салыстырғанда өндіріс көлемі айтарлықтай ұлғайған. Сонымен бірге, бірақтар кәсіпорында өндіріс көлемі төмендегуге жол берін алғаны байқалды. Бірақ, тиісті шараларды уақытында қолданғандығынан байланысты жұмыссыздық бізің алмады. Ауыл шаруашылығында 826 млн. теңгенің өнімі өндірілді. Бұл өткен жылғы деңгейден 210,6 млн. теңгеге артық. Мал басы да өсе түсті. Шағын кәсіпкерлікті бюджетке төлемдері 12,1 пайызға артып, 568,3 млн. теңгені құрады. Бөлшек сауда айналымы 6,5 млрд. теңгені құрап, жоғары көрсеткішке жетіп отыр. Сондай-ақ, шағын кәсіпкерлік субъектілері өз қаражаттарына 26 нысан салып, пайдалануға берді. Инвестициялық жобалар жүйелі түрде іске асырылып, барлық қаржыландыру көздерінен 6,9 млрд. теңге инвестиция тартылып, өткен жылмен салыстырғанда 1,7 есеге өскен. Тұрғын үй саласындағы жұмыстар тыңғылықты қолға алынып, игілдағы жылы жалпы алаңы 11,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Коммуналдық салада елеулі өзгерістер орын алып, абаттандыруға, көгалдандыруға, санитарлық тазалыққа, сыртқы бөлендіруге, қалалық жолдарды жөндеу мен көше жарығы желілерін жаңғыруға ағымдағы жылы 1 млрд. теңге жұмсалған.

Былтыр жылы «Жол картасы» бағдарламасы аясында 7 жоба бойынша 781,7 млн. теңге бөлініп отыр. Осыған орай, 867 адам жұмысқа тартылып, барлық бағыт бойынша жұмыс қызу жүріп жатыр. Жыл басынан бері 2212 адам жұмыссыздық бойынша өтініш берген. Қазіргі дейін олардың 1468-і тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал 1 мамырдағы мәлімет бойынша 1014 адам жұмыссыздар ретінде тіркелін, олардың 471-і қоғамдық жұмыстарға, 602-і қайта кәсіптік оқуға жіберілді. Бір сөзбен айтқанда, қаладағы жұмыссыздық деңгейі 0,6 пайызға төмендеп отыр. "Ауыл-ау" бағдарламасын іске асыру және жол жөндеу жұмыстары да жүртты ризашылыққа бөледі. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілетін топтарына бағытталған ішшаралар мен көлдауға алынатын дәрі-дәрмек сатып алуға қаражаттар да ұлғайтылған.

Сөзінде қалалық мәслихаттың хатшысы Марат Бопазов қала әкімінің жұмысына қатысты жақсы пікірлерін айта келіп, алда тұрған міндеттерді тілге тиек етті.

АСЛАНҰЛЫ фотосы.

◈КЕДЕНДЕ

Әлемде сыбайлас жемқорлықтан зардап шекпей отырған мемлекет жоқ десе де болғандай. Солардың қатарындағы біздің елде де сыбайластық белгілі бір деңгейде тіркеліп отырғаны да рас. Сондай-ақ, қазіргі қоғамда кеденді жемқорлық жайлаған сала деп қабылдау қалыптасып кеткен. Бүгін біздер соның қаншалықты дұрыстығы және жағымсыз пікірді өзгертудің жолдары туралы айтпақпыз.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Кедендік бақылау қазметі шекарашылармен бірге мемлекетіміздің шекарасында еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қорғауға қатысты міндетті атқарады. Біздің ел ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Заң қабылдап, содан бергі кезеңде оны орындау жөнінде жұмыстар жүргізуде.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» және «Мемлекеттік қызмет» туралы Заңдарында мемлекет атынан қызмет өтетіндерге қатысты шектеулер мен тағы басқа да тәртіптер қарастырылған. Бірыңғай мемлекеттік саясатты басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу стратегиясын жүзеге асыру мақсатында ҚР Президентінің жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясы құрылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Мемлекеттік бағдарлама жасалып, бекітілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік қызмет саласын барынша жақсартуға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау және болдырмауға, олардың алдын алу және кінәлілерді жауапкершілікке тартуға негізделген. Соған сай аталған заңның орындалуына бүкіл қоғам болып жұмылғанда ғана нәтижесін көре аламыз.

«Достық» кеденінде жемқорлыққа қарсы күресті ұйлестіру ішкі қауіпсіздік бөлімшесіне жүктелген. Ішкі қауіпсіздік бөлімшесіне лауазымдық, сыбайлас жемқорлық және тағы басқа құқық бұзушылықтарды анықтау мен болдырмау, сонын ішінде кеден заңдылықтарын бұзуды, ұйымдасқан қылмыстарды ашу арқылы ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ҚР кеден органдарының құрамына криминалдық және сыбайластық топтарды енгізбеу жүктелген. Соған сай ішкі қауіпсіздік бөлімшесі басқа құқық қорғау органдарының ішкі қауіпсіздік қызметтерімен бірлесе отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы шараларды ұйымдастырып тұрады.

Қазіргі уақытта кеден қызметкерлерінің ұйымдасқан қылмыстық топтарға қосылуына және кеден қызметкерлеріне криминалдық түлғалар тарапынан қысым көрсетуге қатысты деректер тіркелген жоқ. Сыбайлас жемқорлықты, құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында қызметкерлерді бір орында ұзақ ұстамай, басқа бөлімдерге ауыстырып тұру қолға алынған.

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға айтарымыз, кеденшілер қызметіне қатысты сауалдар туындаса, кеденде орналасқан кеңес беру пунктіне хабарласыңыздар. Сіздің сұрақтарыңызға сол жерде толық жауап қайтарылып, мәселеңіз заң аукымында шешіледі. Егер, кеденшілер тарапынан тіркелген заңсыздықтар мен құқық бұзушылықтарға куә болсаңыз, «Достық» кеденіндегі: 3-10-51, 6-23-39 нөмірлі сенім телефондарына хабарласыңыз.

«ДОСТЫҚ» КЕДЕНІНІҢ ІШКІ ҚАУІПСІЗДІК БӨЛІМШЕСІ.

◈Қызылағаштан ақпарат

Ғимарат іші қарлығаштың ұясындай

Гүлжан ТҰРСЫН,
"Жетісу"

Қызылағаш рухани жаңаруға бет алған. Оған ауылда мәдени ошақтардың көптеп ашылуы, ескерткіштердің орнатылуы, білім саласына жаңды көмектердің жасалып жатқандығы дәлел.





Кітапханашы Ботагөз БАЙШАЛОВА.

Руханият ордасына 15 мың кітап қойылыпты. Енді 2 млн. теңгеге жаңа кітаптар алынбақ. Соңғы келген 400 дана жаңа оқылымдар түгелдей балаларға арналған екен. «Балалар әлемі» деген жазуы бар середегі үлкенді-кішілі кітапханалар ауыл балаларының көкірек көзін ашар қайнар бұлақ бекмақ.

Ауылдағы көркемөнерпаздар жетекшісі Эльмира Дубекова домбырашылар ансамблін қайта жандандырған. Аталмыш ансамбль аудан жұртшылығына бұрынғы өтене таныс. Өткен жылы ақсұлық өнерпаздардың байқауында «Мұрагер» домбырашылар ансамблі жүлделі орынды жеңіп алған еді. Эльмира сол өнерпаздарды қайта жинап, үйірменің жұмысын жүргізуде. Ол: «Тамыз айында барлық құрылыс жұмыстары аяқталып, біздің ауылымызды қалпына келтіріп, гүлдендіріп, түрлендірген құрылыс фирмалары үйлеріне қайтады. Біз қызылағаштықтар Мәдениет үйінде басшылардың, құрылысшылардың басын қосып, алғыс-концерт ұйымдастырмақшымыз. Ауылымыз қайта қалпына келді. Барлығымыз баспаналы болдық. Міне, жұмысымыз да қайта ашылды. Енді су тасқынының құрбандарына арналған ескерткіш қойылады. Елге, халыққа деген ризашылығымызды ән-жырымызбен білдіргіміз келеді», – дейді өнерпаз жас. "Ауылдастарының атынан аталарына алғыс айтқын келген жұлдыздай жүрегіңнен айналдым", – дейміз іштей. Эльмираның ата-анасы да үйсіз қалған екен. Бүгінде алты адамнан тұратын бұлардың отбасы да жаңа шаңыраққа ие болыпты. Көңілінде қуаныш, алдағы күнге деген сенім, жақсы күндерді көбейткісі келетін жалын байқадым. Аталар ұлағатын жалғап келе жатқан домбырашы қыздың жанарынан соны ұқтым. Мәдениет ошағының концерт залына кірдік. Кей аудандардың орталығындағы Мәдениет үйі мұның қасында шағын клуб дерсің. Үш жүз көрерменге арналған қойылым залы ыңғаймен, пейілмен жасалып, жабдықталған. Орындықтар, сахнадағы шымылдық және едендегі төсеніш қызыл коныр түсті. Бір-бірімен әлемі үйлесім тауып тұр. Кірсе шықпысыз көрермендер залының безендірілуі ерекше. Мұнда «Ямаха» музыка жабдығы, дауыс күшейтіш, микрофон синяты керек-жарақ түгелдей қойылған.

Мәдениет үйіндегі мына бір көрініс үлкен әсер қалдырды. Қос қарлығаш дамыл таппай, көз ілеспес жылдамдықпен шыр айналып ұшып жүр. Жоғалтқанын іздейтіндей. Әлде, бір нәрсе осы маңда мұның да ұясы болды ма екен... Ол шарт ұрып бұрылтып-бұрылтып қанатын сермеп ұшады... Содан соң кері қайтады.

Бала кезімізде ауылдағы үйге жылда қарлығаш ұшып келетін. Қарт әкеміз оның келісін жақсылыққа жорытып, біз де оны үйге кіріткіш-шығарып, балаң басуына жалдай жасайтынбыз. Үйді әсіресе оның ұясының бұзылмауына жер салатынбыз. Әкеміз солай дегін. Қарлығаштың ұясы бүтуға болмайды. Уақыты келгенде сол жерде баланың шаңырағы От ұясындағы сары ауыз балапандарының тамақ тасып, шақылдап жатады, біз төменде жер үстелде отырып шүпірлесіп тамақтанамыз. Құдды екі отбасындай. Қарлығаш көктемде балапандарын бір-бірлеп ұшырып әкетеді. Біз де есейген сайын сол шаңырақтан кезек-кезегімізбен өмірге аттанамыз. Сол қарлығаштың адамзатқа айтқан алғысы ма екен үлкен шаңырақтың өсіп-өнгендігі. Мен де Қызылағаштағы салтанатты сарайға қарлығаштың қайтып келуін жақсылыққа жорылым. Уәде жайлы болсын киелі құс, қарлығашым. Енді ол ешуақытта бұзылмасын.

Имандылық орнаған жерде қауіп-қатер де сейіледі. Ауылдағы мешіт жаңартылыпты. Мәусым айында пайғамбарымыздың туған күніне орай мектеп оқушылары мешітке барып, ораза ұстаған ата-әжелерін құттықтаған. Ауылдың ақсақалдары мектеп оқушыларына ізгі тілектерін білдіріп, ақ батасын берген. Мұның өзі ауылдағы ұлттық тәрбиенің жаңғыруы емей немене?

Ауылдағы мәдени ошақтардың ішінде Елорда көшесіндегі Ақтоған ауылдық округінің әкімшілігі ғимаратының орны ерекше. Мұнда 1930 жылдары Ақтоған ауылдық кеңесі орналасқан. Кейін ол ғимарат ауылдық округ әкімшілігіне берілген. Ғимарат ескіріп, қабырғасы жарылып, қирай бастаған соң, оны бұзып, орнына жаңасын салу туралы шешім қабылданған. Ескі ғимарат бұзылып, орнына жаңа ғимарат тұрғызылған. Ғимарат ішінде ауылдық округ әкімшілігінің қызметкерлерімен қатар, ауылдық округ мәслихатының депутаттары да қызмет атқарады. Ғимарат ішінде ауылдық округ әкімшілігінің қызметкерлерімен қатар, ауылдық округ мәслихатының депутаттары да қызмет атқарады. Ғимарат ішінде ауылдық округ әкімшілігінің қызметкерлерімен қатар, ауылдық округ мәслихатының депутаттары да қызмет атқарады.

Үйіміз жақсы. Ауылға 80 шаршы метр. Жылу еденнің астынан жіберіліпті. Қыста табанымыз тоңбайды. Енді үйдің ішіне су тартып жатыр. Көрпе-жастық, мұздақ-аяқ бәрін берді. Газ плита, ас үй жабдықтары, 4 төсек, стол, орындық, телевизорды да көмек ретінде үлестіреді. Үлкен балам осында құрылыста жұмыс жасап жүр. Күніне 2 мың теңгеден еңбекақысын алады. Тәүбе! Жақында құдайы тамақ бердік. Енді мал, астық таратады деймін.



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Ауылдың негізгі білім ордасы – мектеп. Мектеп 400 оқушыға арналған. Білім шаңырағының пән кабинеттері, құрал-жабдығы, есік-терезесі, жылу жүйесі жаңартылған. Директор Әділғазы Омарғазыұлы құрылыс жұмысының сапалы жүріп жатқандығын айтты. «Аулықұрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 134 жұмысшысы нысанды уақытында аяқтауға жұмыла кіріскен. Бірі терезелерін жаңартса, бірі әрлеу-сырлаумен шұғылдануда. Енді біраты ауыға шым төсеумен айналысып жатыр. Сәуір айында басталған жұмыс аяқталуға таяу. Биыл мектепке жаңадан 15 компьютер алынады. Асхана жұмыс істеп, балаларға ыстық тамақ әзірленеді. Технология кабинеті, ұлдардың еңбек сабағы өткізілетін кабинет заманауи құрал-жабдықтармен жабықталады.

Мектеп директорының айтуынша, екі мұғалімге жаңа салынған үйден бастана беріледі. Биыл Қызылағашқа Ақтоған ауылынан 7 отбасы көшіп келген. Сондықтан мектеп оқушылары жоырма шақты балаға көбеймек. Осында еңбек етіп жүрген елу шақты ұстаз үшін балаларын көбейгендігі де үлкен қуаныш.

Білім шаңырағының жалпы аумағы 30 мың шаршы метрді құрайды. Бүтінде ауланың соңғы екі мың шаршы метріне шым төсеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Әлеуметтік нысандардағы құрылыс қарқыны, ұстаздар қауымының жаңа оқу жылында оқушыларымызбен қайта қауышсақ деген мытасы, серпілісі қуантты. Оқушылар киктем-жаз айларында Көшпетаудағы, Жаркенттегі, Талдықорғандағы "Ақжәнел" сауықтыру орындарында болған. Ал 24 түлек таңдаған оқу орындарында грант негізінде оқып жатыр. Ұстаз бен шәкірт жақын күндері бір-бірімен сағына көрісерек.

Бүтінде 437 үйдің тұрғындары баспаналарына қоныстанып, өмірдің қым-қуыт тірлігіне араласып кеткен. «Асар» көшесінің бірінші үйінің есігін аштық. Мұхтар Ибраймовтың шаңырағы екен. Бұл життің тасқын күнгі ерлігі жайлы бұрын да көп естіп жүргенбіз. Ол сол бір тұлмат күні ауыл тұрғындарын тауға қашуға ұйымдастырып, карттар мен балашағаның аман қалуына көп көмек көрсеткен жан екенін талай естігенбіз. Енді, міне, соның пұлсына келіп тұрмыз. Бірақ, Мұхтарды көре алмадық, жұмыста екен. Жұбайы Арман ажарқын көңілмен дастарқанын жаймын, дәмін алдымызға тосып алек.

Үйлеткемет, ризамын үйімді Ақтоған ауылында дәл өзенния жағында еді. Тасқыннан кейін жұрты да қалмады. Міне, Елбасы бастаған әкім ағалардың арқасында бәрі орнына келді. Көрген түстей. Егер осындай жанды көмек болмағанда қайтер едік? Ойлаудың өзі қорқынышты. Үйіміз жақсы. Аумағы 80 шаршы метр. Жылу еденнің астынан жіберіліпті. Қыста табанымыз тоңбайды. Енді үйдің ішіне су тартып жатыр. Көрпе-жастық, мұлыс-аяқ бәрін берді. Газ плита, ас үй жабдықтары, 4 төсек, стол, орындық, телевизорды да көмек ретінде үлестірді. Үлкен балам осында құрылыста жұмыс жасап жүр. Күніне 2 мың теңгеден еңбекақысын алады. Тәүбе! Жақында құдайы тамақ бердік. Енді мал, астық таратады дейді. Мұнан артық не керек?! Басымда үйім, бауырымда ошағым, – дейді Арман шын көңілінен шыққан ықыласын білдіріп.

Келесі барған үйіміз Қытай жерінен 2006 жылы көшіп келген Дәулетхан мен Әлима Смағұлдардың шаңырағы екен. Үйлемелі-сүйлемелі төрт бүлдіршін жүгіріп жүр. Қонаққа аспан асты елінен әкесі Күмісай келіпті. Сіңлісінің тұрмыс жағдайын көріп қайтпақ. Ағайынның сәулеті сәнді үйге қоныстанғанына көңілі көш. Бұл отбасына да төсек-орын, көрпе-жастық, мұлыс-аяқ беріліпті. Азық-түлігі кап-кап болып үйіліп тұр. Ата қонысына келген отбасының бүтіні жағдайы жақсы. Дамырадай жаңа үй ішінде асыр салған бұлдіршіндер күлкісі отбасы бақытын еселей түскен.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы жаңа үй алған 470 шаңыраққа газ плита, төсек, стол, орындық, тағы да басқа дүние-мүлік әперді. «Жаңсүлпов» қорына жиналған қаржыдан **әр отбасына 234 мың 348 теңгеден бөлінген.** Оған 24 түрлі тұрмыстық зат әкелінген. Басқарма бастығының орынбасары Мұхатай Мамыровтың айтуынша, бұл заттар жиһаз фабрикаларынан арзан бағамен алынған. Сондықтан да бөлінген қаржыға керек-жарақты көптеп алу мүмкін болған. Енді Егінсу, Ақтоған ауылдарында күрделі жөндеуден өтіп жатқан үйлерге осындай дүние-мүлік әперілмек.

◈«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның құрылғанына – 7 жыл

Халық сеніміне ие болған

Елімізде тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің дамуы 2000 жылдың соңында «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі туралы» Заңның қабылдануынан басталды. Ал 2003 жылдың 10 шілдесі күні талай қазақстандықтың үйлі болуына үміт отын жаққан «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» мемлекеттің толық қатысуымен ашылып, қарқынды даму жолына түскен. Содан бері, міне, жеті жылдың жүзі өтті.

Айнұр ӘБДІРАХЫМ,
"Жетісу"

Осы жылдардың ішінде жеткен жетістіктері мен алға қайған мақсаттары көпшілікпен бөлісу мақсатында «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Алматы облыстық филиалының директоры Мамила Мұсабекова БАҚ өкілдерімен кездесті.

– Нарық жүйесінде жұмыс істеп жатқанымызға жеті-ақ жыл толса да қуыс толтырып айтарлықтай жоғары нәтижелерге қол жеткіздік. Оған дәлел ретінде айта кетейік, жылдан құрылған 2003 жылы банктің небары 401 клиенті болса, бүтінгі таңда бұл көрсеткіш республика бойынша 184 мыңға жетіп отыр. Сонымен қатар, банк тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің 21 мың шотқосушысына 66 миллиард теңгені құрайтын алдын ала, аралық және тұрғын үй заемдарын берген, – деп сөзін бастаған Мамила Құрмашқызы аталмыш банк қызметінің тиімділігіне халық сенімінің жылдан жылға артып келе жатқанын тілге тиек етті.

Халыққа жағатыны – аталмыш банк жыл сайын түрлі мемлекеттік және әлеуметтік бағдарламаларға қатысып, Елбасымыздың Жолдауын жүзеге асыру жолында тынбай еңбек етіп келеді. Бұл тұрғыда Мамила Мұсабекова: «Болашақта да осы алған бағытымыздан тайпай, тұрғындарға барынша жақындай түсуге тырысамыз», – дей отырып, банктің «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша да жұмыс жасап жатқандығына жеке тоқталды. Өзірге бұл бағдарлама бойынша жұмыстар Шығыс Қазақстан, Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жүзеге асырылып, 738 келісімшартқа қол қойылған. Бағдарлама аясына тағы 5 облысты қосу жоспарланып отыр екен. Ал келесі жылы олардың қатарына біздің облыс та кірмекші.

Қолға алынған осы және басқа да бағдарламалармен таныстырылған соң филиалдың бөлім бастығы Сәуле Қибатаева банктің 7 жылдық туған күніне орай ұйымдастырылған «Екінші шарт екі есе арзан» атты акция жайында сөз қозғады. Шілденің 1 жұлдызынан басталған бұл шара қыркүйектің 30-ына дейін жалғасады. Сондықтан «Жеңілдіктерді пайдалануға асығыңыздар», – дейді банк қызметкерлері.

◈«Бизнестің жол картасы – 2010»

"Қайнардағы" қарқынды істер

Кәсіпкерлікті қолдауды мақсат өткен «Бизнестің жол картасы – 2010» бағдарламасы еліміздегі кәсіпкерліктің дамуына үлкен серпін береді. Мұнда экспортқа тауар шығаратын кәсіпкерлерді қолдауға да көңіл бөлініп, кәсіпкерлер мемлекет тарапынан субсидияланады. Оны жүзеге асыруға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту» қоры қаржы агенті міндетін өтесе, облыстық кәсіпкерлік дамыту және өнеркәсіп басқармасы өңірдегі үйлестіруші рөлін атқаруда. Атап айтқанда, аталған қор банк арқылы субсидиялау бағдарламасы бойынша қаржы аударады немесе бағдарламаға қатысушыларға банк алдында кепілдік береді және банктермен жобаларды талдау жасауды жүзеге асырады. Аталмыш бағдарлама үш бағыт бойынша жүзеге асырылады. Осы мақсатта облысымызға 973,3 млн. теңге қаржы бөлінген.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Мұндай қолдау тек сыйақы өсімі 12 пайыздан аспайтын несие алғандарға көрсетіледі. Кәсіпкер несие сыйақысының 4 пайызын өзі төлейді, қалған 8 пайызы мемлекеттік өтемақы есебінен жабылады. Осыған орай, өткенде аймақтық үйлестіру кеңесі өткен болатын. Оның шешіміне сай өңірімізде алғашқы болып, «Қайнар-АКБ» ЖШС-нің жобасы мақұлданды. Жобаға сай «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» жағынан бөлінген қаржы есебімен жаңа итальяндық қондырғылар орнатылып, өнім мөлшерін еселей түсті. Таяуда БАҚ өкілдері осы жағымды бастаманың куәсі болып қайтты.

Сонау 1975 жылы алғаш жұмыс бастаған зауыт осыған дейін бірнеше дәуір сатысынан өтті. Қазірдің өзінде ішкі нарықтың сұранысын өтеп келген өндіріс орны өнімдерін алыс-жақын шет елдерге де тасымалдауда. Анықтап айтар болсақ, зауыт өнімінің 30 пайызы ішкі нарықты қанағаттандырса, 70 пайызы сыртқы бәсекелестікке бейімделген. Мұнда аккумулятордың 30 түрі шығарылады десек, оның «Қайнар-BARC» атты түрі шетке экспортталады. Ал жаңа жоба зауыт жұмысын тіптен жандандыра түскен. Кездесуде «Қайнар-АКБ» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы Қуаныш Ажмағанбетов бұл бағдарламаның берер мол түстарын тілге тиек етті.

– Қазіргі таңда нарық заңдылығына сай жұмыс жасағанда ғана белгілі өнімділікке жетуге болады. Біздің зауытта өндірілген аккумуляторлардың 70 пайызы шет елге шығарылатындықтан сапасына да жоғары деңгейде көңіл бөлінеді. Осыған дейін көптеген қиындықтарды бастан өткердік. Қаржылық жақтан қыспақта қалған кездеріміз де көп болды. Десе де, «Бизнестің жол картасы – 2010» бағдарламасы жұмысымыздың өркендеуіне демеу болуда. Бағдарламаға сай бір жобамыз қолдау тауып, нәтижесінде құрылғыларымыз жаңаланып, жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайы жақсарды. Әрине, біз шикізат нарығы емес, шикізаттан өнім өндіретін өндіріспен айналысатын компания болғандықтан технологиялық жабдықтау мәселесін шешуіміз керек. Ол үшін дамыған елдердің жаңа технологиясын қолдануға тура келеді. Бұл жағынан жаңа жобалар реттеудеміз. Оның алдағы уақытта мемлекет тарапынан қолдау табарына сенімдіміз. Сондай-ақ, еліміз Кеденділік одаққа енділік. Бұл жағынан келген де, аталмыш одақ отандық кәсіпкерлікті дамытуға жол ашады. Әсіресе, біздің жұмысымызға тіптен өркендейтін болады. Енді ішкі нарыққа сай өндірістік аккумулятор шығару ойымыз бар. Бұл жағынан да аталмыш бағдарламаның тиімділігін пайдаланамыз деген ойдамыз, – деді.

Келесі кезекте облыстық кәсіпкерлік дамыту және өнеркәсіп басқармасы инновациялық саясат бөлімінің бастығы Білімтай Түменбаев, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту» қоры акционерлік қоғамы облыстық филиалының төрағасы Ринат Талтүсов, «Қайнар-АКБ» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Мұрат Төлегенов бағдарламаның басым бағыттарына тоқталды.

Алдағы уақытта бағдарлама аясында өңіріміздегі агроөнеркәсіп кешені, тау-кен өндірісі, жеңіл өнеркәсіп және жиһаз жасау, құрылыс материалдарын шығару, металлургия саласы, мәдениет және өнер, демалыс салаларын қамтыған 40 жобаны екінші деңгейдегі банктер арқылы қаржыландыру көзделген. Субсидияланатын кредит мөлшері әр жоба бойынша 3 млрд. теңгеден аспауы керек. Ол үшін кәсіпкер банкке жаңадан алатын немесе бұрын алған кредиті үшін субсидия алу жөнінде өтініш жазуы керек. Өтініш банк тарапынан қабылданған соң өңірдегі атқарушы орган жобаны қаржыландыру жөнінде шешім шығарады. Сондықтан кәсіпкерлер өз ісін кемелдендіруді көздесе, екінші деңгейдегі банктерге құжаттарын тездетіп тапсырғаны жөн.



Әлима СМАҒҰЛ бүлдіршіндерімен шаңырақ шаттығына кенелді.



Арман ИБРАЙМОВА жаңа жиһаздарының сапасына риза.

Алматы облыстық мәслихатының ШЕШІМІ

ЖОБА

Алматы облысындағы кейбір ауылдық округтер мен ауылдардың атауларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 11-бабындағы 4-тармағына сәйкес облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Төмендегі ауылдық округтердің, ауылдардың атаулары:

1) Ақсу ауданының Қызылту ауылдық округі мен Қызылту ауылының атауы Барлыбек Сыртанов ауылдық округі және Барлыбек Сыртанов ауылы;

2) Алакөл ауданының Герасимовка ауылдық округінің атауы Сапақ ауылдық округі;

3) Қаратал ауданының Қаракеңгел ауылдық округінің атауы Жолбарыс батыр ауылдық округі;

4) Еңбекшіқазақ ауданының Рахат ауылдық округіне қарасты Красный Восток ауылының атауы Өрікті ауылы;

5) Еңбекшіқазақ ауданының Көктөбе ауылдық округіне қарасты Совет ауылының атауы Қызылжар ауылы;

6) Еңбекшіқазақ ауданының Нұра ауылдық округінің атауы Сегізті ауылдық округі;

7) Еңбекшіқазақ ауданының Октябрь ауылдық округінің атауы Бартоғай ауылдық округі;

8) Райымбек ауданының Қаракөлтөбе ауылдық округіне қарасты Кіші Жалпақтың ауылының атауы Ақай Нүсіпбекова ауылы деп өзгертілсін.

2. Алматы облысының статистика департаменті (Б.Тілегенов) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерін есепке алу мен тіркеуіне өзгерістер енгізсін.

3. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Облыс әкімі С. УМБЕТОВ.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы М. МЫРЗАГАЛИЕВ.

Облыстық мәслихаттың хатшысы А. СЫДЫҚ.

Тіл тағдыры – ел тағдыры

Ана тіліміздің мәртебесі асқақ

Тіл халықпен бірге жасайды және үнемі бірге өсіп, өркендейді, дамиды, заманға нәшіне іркеседі.

*Тіл – халық тарихы. Тіл – ерекшет ғаламшарет. Қазақ тілі – ұлтымыздың тұлғасының, ұлттың өзіндік болмыс-бітімімен, ойшылдық тұжырымдық мүмкіндіктерімен мәртебелі. Мемлекеттік тілде білім алып, ана сілемізден қайнар бұлағымыздан қанып ішкен ұрпақ, ұлттың, ұлттық бойына молынан сіңірген сілемдік өзімізге болып қалса, тәуелсіздігіміздің ұлттық ұлттық ұлттық

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР – ДАМУ КӨРІНІСІ

(Соңы. Басы 1-беттен)

– Өзіңіз білесіз, БАҚ Ақсу ауданындағы тасқын судан зардап шеккен ауылдарды қалпына келтіру жұмыстарын мұқият назарларында ұстаю, ондағы барысы туралы халықты құлықтандырып отырды. Қазір болғанда да, Қызылағаш ауылының төті арқа қайталап бой көтеруінде облыс басшылығы мен құрылыстшылардың еңбегі ұлкен екенін бүтіндеге екінің бірі айтады. Аса ауқымды жұмыстар қысқа мерзімде қалайша жүзеге асты?

– Қысқа әрі нұсқа түрде айтар болсам, барлығы Мемлекет басшысының, Үкіметтің халықтың нақты көметінің, облыс әкімі Серік Үмбетовтің талапшылдығы мен жеделдігінің, жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуының, құрылысшылардың қажырлылығының және зардап шеккен ауылдар тұрғындарының берекелілігінің арқасында жүзеге асты. БАҚ арқылы жұртқа жақсы таныс цифрларды тізбелемей-ақ коейын. Дегенмен, үйлерге айналған ауылды қайтадан тік тұрғызу, барлық қолайлылықтар қарастырылған 460 үй салу, елді мекенді жарықтандыру, телефон, су құбырын тарту, көшелерді асфальттау және көгалдандыру тек қаржаттың арқасында орындалды десек қателесеміз. Бұған тапсырылған істі орындауға ақкан жауапкершіліктің, жұмысты дұрыс ұйымдастырудың, қызметтердің бірлесе қимылдауының өте жақсында көл жеткізді. Қалай болғанда да үлкен сынның сүрлеуінен өттік. Табиғат апатын жоюға қатысқан бірлік құрылысшылар мен мамандардың жанкешті жұмысы мен еңбектері ерліктің үрпақтардан есімде қалатындығына сенемін. Ең бастысы, лайықты тұрмыс жағдайларымен қамтылғаны. Бізге одан үлкен алғыстың қажеті жоқ. Бұл тек Қызылағашқа ғана емес, Ақтоған мен Ерінсу ауылдарына да қатысты.

– Сөз басында өзіңіз айтып өткендей, сіздердің қызметтеріңіздің басты әрі маңызды бағыттарының бірі – 2008-2010 жылдары тұрғын үй құрылысын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындау. Осы жылдары қанша баспана салынды және дал қазіргі кезде бізділ облыстағы тұрғын үй құрылысының көрсеткіші қандай?

–Облыста 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңі табысты тамамдалды. Осы бағдарлама аясында бір миллион шаршы метрден астам баспана салынып, пайдалануға берілді. Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. 1592,1 мың шаршы метр тұрғын үй салып, пайдалануға беру жоспарланған. Екі жылдың ішінде бағдарламаның 70 пайызы жұмысы орындалып, 1087,7 мың шаршы метр баспана комфортабелды атанып өтілді. Атырауды жылы қарыздандырудың барлық көлемі есебінен 610 мың шаршы метр тұрғын үй салып, пайдалануға беруді облыстарым отырмыз.

– Алматы қаласына серіктес төрт шаһар салу жөніндегі үлкен жобаны жүзеге асыру барысы қалай болып тұрғанын білсек деушілерімізді де аз болмасы анық ...

– Облыста «G4 City» Алматыға серіктес төрт қала салу жобасын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстар басталды. Облыстық әкімдікке «Отпустік аймақта қалақұрылысын дамытудың негізгі схемасы» жасалып, онда басқалармен бірге түгендеуден өткен 304 мың адам болатын «G4 City» – Алматы қаласына серіктес ретінде салынатын төрт қала да енгізілді. Жоба 2030 жылға дейін жүзеге асырылады деп есептелген. Осы кезеңде шетелдік және жекеменшіктік инвестицияларды тарту есебінен тоғыз миллион шаршы метр тұрғын үй, әлеуметтік инфрақұрылым, әлеуметтік сала нысандары: мектептер, балабақшалар, денсаулық сақтау нысандары, спорт және тағы басқа да нысандарды тұрғызу керек. Сальмалы деп жоспарланған тұрғын үйлердің бағасы тұрғындардың барлық сұранысын қанағаттандырады. Алматы қаласының серіктес қалаларын дамыту жөніндегі алдын ала жұмыстарға 13,5 млрд. теңге қаралтырылған, үстіміздегі жылы оның 7,8 млрд. теңгесі игеріледі.

ҚР Үкіметі мен Алматы облысының мәслихаты төрт серіктес қаланың бас жоспарларын бекітті. «G4 City» бірінші қаласы бойынша толық жоспарлаудың жоспары жасалып, бекітілді. «Growing» және «Green City» серіктес қалаларының бас жоспарларының толық жобалары мен құрылыс салу жобалары бойынша мемлекеттік ведомствоаралық емес сараптудың қорытындысы алынды. ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі агенттігі «Gate City» – бірінші серіктес қаланың инженерлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі техникалық-экономикалық негіздемесін" бекітті. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын құрылысына жобалық-сметалық құжаттар жасалуда. Бірінші серіктес қаланың «Көмекші» тұрғынжай аудамы үшін бірінші кезекте газбен қамтамасыз ету және уақытша автожолдар құрылысы басталды. «Golden City» – екінші серіктес қаланың инженерлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі техникалық-экономикалық негіздеме мемлекеттік ведомствоаралық емес сараптудан өтті және жоғарыда аталған агенттікке берілді. Үшінші және төртінші серіктес қалалар – «Growing» және «Green City» бойынша техникалық-экономикалық негіздемелер жасалып, қорытынды шығару үшін «Мемсараптама» РМК-на тапсырылды.

– Барлығымыз білетіндей, Президенттің «100 мектеп пен 100 ауруханы» бағдарламасының мектептер бойынша бөлігі бізділ облыста ақталды. Ауруханаларға байланысты жағдай қалай?

– «100 мектеп пен 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Алматы облысында он мектептің құрылысы ақталып, бізге ошақтарының барлығы пайдалануға берілді, 7050 оқушы және мектептерде білім алуда. Пән кабинеттері соңғы үлгідегі оқыту құралдарымен жабдықталған. Спорт залдарына заманауи спорттық құрал-жабдықтар орнатылған, заман талабына толықтай жауап береді. Ауылдарында да спорттық алаңдар, кіші және жоғары сыныптар оқушыларының демалуына арналған жабдықталған аймақтар бар. Он мектептің алтауында оқушыларын денсаулығын нығайту және деге тәрбиесі жағынан кешке қалып қойғандығын ескертпеуіміз еду үшін жүту бассейндері салынған.

Балдарының бойынша жоспарланған алты ауруханының жалпы құны 14 млрд. теңге болатын тартуғына құрылысы жүріп жатыр. Мердігер ұйымдар 2008 – 2009 жылдарға белгіленген құрылыс-құрастыру жұмыстарын толық көлемде орындады. Бюджет республикалық бюджеттен 6,9 млрд. теңге бөлінді. Төмендегідей денсаулық сақтау нысандары салынады. Іле аудамының орталық ауруханасы – Отеген батыр кентінде 200 төсектік. Алматы өңірлік балалар ауруханасы мен 450 адамды қабылдауға арналған емхана. Талғар ауданының орталығында 150 төсектік аудандық орталық аурухана, Еңбекшіқазақ ауданының орталығында 250 төсектік аудандық орталық аурухана және Алакөл ауданының Достық кентінде 50 төсектік аудандық аурухана. Екі аурухана бойынша типтік жобаларды қайта жасау аяқталып, мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынды. Құрылыс белгіленген жұмыс кестесіне сай жүргізілуде.

– Үлгілі индустриалды-инновациялық даму аясында Алматы облысы аумағындағы индустриалдарыру картасына Жетіген – Қорғас теміржол желісі енгенін мына айтып кеттіңіз. Аса үлкен жобаның бүгінгі орындалу барысы дұрыс болар?

– Жетіген – Қорғас теміржол желісі құрылысы тек экономикалық тұрғыда ғана маңызды емес, оның саяси мәні де бар. Жоба Қытаймен екі аралары шекарада еліміз теміржол өткелін ашуды қарастырады. Бұл өз кезегінде бізділ ел арқылы өтетіндерді қоса алғандағы жүк тасымалының көлемін арттырып қана қоймай, оған кететін уақытты да барынша қысқартады. Атап айтқанда, Қазақстанның Ақтау айлағы мен Қытай арасын мейлінше жақындатады. Жобаның жалпы құны – 147,4 млрд. теңге. 2010 жылға 63 млрд. теңге бөлінген. Қазіргі кезде облыс аумағы арқылы өтетін желінің бойында шойын жолдың табанын төсеу жұмыстары қолға алынған. Құрылыс жұмыстарына 800 құрылыс техникасы мен бес мың адам тартылған. Іле өзенінен өтетін көпір құрылысы үшін техника мен ресурстар шоғырландырылып, дайындық жұмыстары басталды. Ысқан өте күрделі көпірдің ұзындығы – 969 метр. Жол құрылысы үшін рельстер мен шпалдық жинтыктар әзірленді.

– Облыс құрылысшыларының аса ауқымды жұмысын егжей-тегжейлі айтып, бір сұхбат арқылы толық беру мүмкін емес. Десек те, құрылысшылардың кәсіби мерекесі аталып өтілетін қаңтар маңында нысандар пайдалануға беріліп, ел игілігіне қызмет етуге кіріскенін сұрейік, артықтық етпес?

– Тамыздың соңына дейін облыс орталығында Тұңғыш Президенттің зияткерлік мектебі мен әмбебап спорт сарайы пайдалануға беріледі. Бұл нысандардың маңызы өте зор. Өйткені Талдықорғанда тұрғылықтан зияткерлік мектеп сынды білім ошақтары елімізде бірнеше ғана болса, спорт сарайлары әзірге тәуелсіз жоқ. Аз жыл сонына дейін, мына айтып кеткеніміздей, төрт аурухана пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, Елбасымыз жариялаған «Балапан» бағдарламасы аясында 1510 орынды мектепке дейінгі тәрбие мекемелері қатарға қосылады. Тұрғын үй құрылысы бүкіл облыс аумағында жалғаса береді.

Сұхбатты әзірлеген
Болатбек ҚАБДЕШҰЛЫ.

◇*Облыстық әкімдікте*

Тамыз айының 3 жұлдызында облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқашевтың тарапынан облыс тұрғындарының денсаулығын қорғау жөнінде Үйлестіру кеңесі өтті. Онда туберкулез, бруцеллез және СПИД ауруларының соңғы алты айда облысымызда қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайы талқыға салынды.

АУРУ ҚАУПІ АРТПАСЫН ДЕСЕК

Айнұр ӘБДРАХЫМ,
"Жетісу"



Бірінші кезекте Іле, Ескелді аудандарындағы туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдай мен 2010 жылдың 1 наурызындағында балалар мен жасөспірімдердің туберкулез дертіне шалдығуы және туберкулезге қарсы профилактикалық шаралардың жүргізілу мәселелері қарастырылды. Аталған мәселе бойынша облыстық туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері С. Сәрсембаев баяндама жасады. Салауат Сламқанұлының айтуынша, туберкулез бойынша облыста қалыптасқан эпидемиологиялық жағдай мәз емес. 2010 жылдың I тоқсанында 100 мың адамға шаққанда туберкулезбен науқастану 23,0 пайыздан 23,1-ге өскен. Өрине, екі көрсеткіштің арасындағы айырмашылық айтарлықтай көп емес. Дегенмен, халық денсаулығы мәселесіне келгенде бұл көрсеткіштердің өзін назарға алмай болмайды. Туберкулезбен науқастану көрсеткіштері, әсіресе, Кербұлақ, Талғар, Қарасай, Іле, Еңбекшіқазақ, Үйғыр аудандары мен Қалқаш қаласында өскен байқалады. «Ақсу мен Балқаш аудандарындағы науқастанудың жоғары көрсеткіштері де төмендемей отыр. Ал Райымбек, Алакөл, Ескелді, Сарқан, Панфилов аудандарындағы науқастану көрсеткіштері облыс көрсеткіштерінен төмен», – деп Салауат Сламқанұлы балалар мен жасөспірімдердің туберкулезбен науқастану мәселесіне тоқталды. Биыл-ғы жылдың бірінші тоқсанында балалар арасындағы науқастану Көксу, Қаратал, Ескелді аудандары мен Қалқаш қаласында тіркелген. Өкінштісі, балалар мен жасөспірімдер арасындағы туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдай жеңінде қосымша баяндама жасаған соң Іле мен Ескелді ауданы әкімдерінің орынбасарлары, сонымен қатар аудандық ауруханалардың бас дәрігерлері орындарынан тұрғызылып, тыңдалды.

Үйлестіру кеңесінің күн тәртібі бойынша туберкулез мәселесінен кейін облыстағы бруцеллез ауруының эпидемиологиялық жағдайының нашарлауы және оның алдын алу шараларын талқыға салынды. Бұл мәселе жеңіндегі ақпараттарымен жиналғандарды облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің директоры Ерғали Сыдыманов таныстырды.

Облыс аумағында бруцеллездің 274 ошағы анықталып отыр. Аталған ауруға шалдыққан адамдардың да қатары арткан. Ерғали Жақсыбекұлының айтуынша, кейбір аудандарда ауру мал немесе адамдар тіркелмеген. Демек, олар ауруын жасырып отыр деген қорытынды жасады департамент басшысы. Ал бруцеллездің көбею себебіне келгенде Ерғали Сыдыманов ошақтарды уақытында зарарсыздандыру қажеттігін айтты. Өкінштісі, мал иелерінің өзі ауруды түу қаупіне салғырт қарайды.

Аталмыш проблемаға қатысты қосымша мәлметтерді ҚР Ауылшаруашылық министрлігі аймақтық инспекциясының Алматы облысы бойынша бас ветеринар инспекторы Жарқын Сәрсембаева келтірді. Соңғы кезекте ғасыр індетіне айналған СПИД ауруының мәселелері сөз болды.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің профилактика және СПИД-пен күрес бойынша республикалық орталығының хабарлауынша, елімізбойынша 2009 жылдың бірінші жартыжылдығында ВИЧ инфекциясын жұқтырған 1481? және СПИД-пен науқастанған 1102 адам тіркелген екен. Ал облысымызда ВИЧ инфекциясынан 957, СПИД-пен науқастанған 12 адам тіркелген. ВИЧ инфекциясын жұқтырғандар: әсіресе, Қаратал, Іле, Еңбекшіқазақ аудандары мен Талдықорған, Қалқаш қалаларында көп тіркелген. Бұл тұрғыда базалық дәрежеде оқыған облыстық СПИД-тің алдын алу және оның мен күрес орталығының бас дәрігері, медицина ғылымдарының кандидаты Серік Жангабылов ВИЧ инфекциясының таралуы туберкулездің де есуіне ықпал ететінін өзекті проблема ретінде көтерді. Серік Кенжебайұлының айтуына қарағанда, індеттің кесірінен иммунитеті онсыз да әлсіз науқаста туберкулез жұқпасының реактивациялану қаупі бар екен. Сондықтан ВИЧ пен туберкулез бірікен жағдайда қолданатын шараларды қарастырмаса жағдай облыс көлемінде ғана емес, республика бойынша да қиындауы мүмкін.

Аталмыш мәселелер талқыланып болған соң облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқашев аудандармен қалалардың басшылары мен дәрігерлеріне, басқарма басшыларына тиісті шараларды уақытында орындауды тапсырды.

◇*САҚ БОЛЫҢЫЗ: діни секта*

Жақында аудан әкімдігінің мәжіліс залында облыстық ішкі саясат басқармасы мен Кербұлақ ауданының әкімдігі бірлесіп, «Діни экстремизм мен діни ағымдардың табиғи негіздері және олардың алдын алу іс-шарасын ұйымдастыру» тақырыбында "дөңгелек үстел" өткізді. Оған Кербұлақ, Қаратал, Ескелді Текелі аудандық ішкі саясат бөлімдерінің мамандары, жастар өкілдері, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, құқық қорғау органдарының өкілдері, діни бірлестіктердің басшылары, журналистер қатысты.

АДАСУДЫҢ САЛДАРЫ

"Дөңгелек үстелдің" қожасын аудан әкімінің орынбасары Б. Момбаева ашып жіберіп отырды. Сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім бастығы Алтын Жамбықтықызы бүгінгі таңда елімізге жаңжақтан ағылып келіп жатқан секталарының, өзекті мәселеге айналғаны алдамдатедыларынан, олардың қатарына кіредітер жастарымыздың қосылуына бімсіздіктің себеп болып отырғанын, деструктивті діни ұйымдарда болған кейбір жастардың толықканды емірге оралуына жанжақты көмек көрсету тек оның туысқандары мен жақындарының ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдардың және қоғамның да міндеті болып табылатындығын айтып өтті.

Бұл күні "дөңгелек үстелде" сөз алған «Деструктивті діни ағымдардан жапа шекпендерге» Алматы облысы бойынша көмек көрсету орталығын қоғамдық қорының басшысы Разат Сайлаков қазіргі кезде діни атын жамылған 2500 деструктивті ағымның барлығын, сондықтан сыртқы қатерден гөрі ішкі қатердің күштірек болып отырғандығын мысалға 16 мың халқы бар Рудныйда 20 мың, мүшесі 20 мың халқы бар Темірде 10 мың мүшесі болмаса мемлекетті тәрбиеден өткізіп, бізден елмеуі тәуелсіздігіміздің алғы алғашқы жолдары екенін діни экстремизмнен тұрғындарды әскерге ең болмағанда – жастарды қорғау, оның алдын алу және болдырмау тұрғысынан кеңінен ақпарат берген бұл күнгі дөңгелек үстел жұмысын облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім бастығы А. Жамбықтықызы қорытындылады.

Ғ. ҚАСАБЕКОВА.

КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ

ҚОЛДАУ МЕН КӨМЕК АРНАСЫ

Облыстық әкімдіктің кіші жиын залында оралмандар ісі жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда кеңес мүшелері облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Үмсын Балабиева мен облыстық жәрдем қатынастары басқармасы бастығының орынбасары Айнұр Әбдірахманованың баяндамасын тыңдап, атқарылған жұмыстардың ретімен танысты. Жиналысты кеңі-кеңестің Алматы облысы бойынша департаментінің директоры, оралмандар ісі жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары Жұмағали Әлібаев ашып, жүргізіп отырды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Халқымызда Елге ел қосылса күт қонады" деген атамыз сөз бар. Отанына келіп арқасынан ауыр жүгі алынып, жеңілдеп қалған қандастарымыздың қуанышы мен сүйінішін жарға ғана бөлісіп қаласың. Десе де, әлемдегі әр басым түрлену бауырларымыздың басында түрлі қиындықтарға дәл келетін деңгей. Осыған орай Үкіметіміз оларға қолдау мен бауырмалдық танытып келеді. Осы ретте облысымызда атқарылып жатқан игілікті жұмыстар көңіл қуантады. Мәселе қуантады. Мәселе дегеніміз, 1991 жылдан бері облысымызға 37163 отбасы (120 мыңнан аса адам) қоныстанса, олар бүгінде ер салада өнімді еңбектер етуде. Сондай-ақ, оларға мемлекет тарапынан әр деңгейде қолдау мен көмектер көрсетіліп тұрғызуға келісті тиді. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Үмсын Балабиеваның сөзіне сүйенсек, 2009 жылы 794 оралман жұмысқа орналасқан екен. Оның 334-і тұрақты, 155-і қоғамдық жұмыстарға тартылған. Ал әлеуметтік жәрдем алушылар қатарындағы 192 жұмыссыз қандастарымыз тіркелген. Оның 31-і «Жол картасын» бағдарламасы бойынша өз қолға бір жұмыс тауып алған. 2003-2009 жылдар аралығында жеке қосалқы шаруашылықты дамыту үшін 52 оралман отбасына 31 мың теңге, 25 отбасына жеңілдетілген шарттарға 1,6 млн. теңге қарыз қаражаттары бөлінгіп жатыр. 15 отбасына 486 мың теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, 230 отбасы балаларына 41 мың теңге мөлшерінде мемлекеттік жәрдемақы тағайындалған. Өткен жылдың бір жартысында ғана жалпы бір жарым 200 мың теңге материалдық көмек көрсету мәдеттік ғып бастама басқа облыстарға да үлгі болып отырғанын айта кетпек жөн.

Сонымен қатар, жер мәселесін шешу ісі де тиімділік табуда. Облыстық жер қатынастар басқармасының мәліметіне сүйенсек, осы жылдың 1 наурызына дейін тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін жер учаскесін беру туралы 2071 арыз түсіп, оның 1286-сы қаралтандырылған. Жалпы алғанда, облыс әкімшілігінің қарамағында 212 гектар жер шегінде 171 жер телімін беру мәселелерінің Ал әуел шаруашылығы саласында бүгінге дейін 419 оралман отбасының шаруа қожалығы құрылуға, оларға шаруашылық шаралығына 593778 га жер телімі берілген. Мұның өзінен бауырларымыздың қоныс тебіп, мекен тұрмысын түзеуге бар жағдай жасалғанын көруге болады.

Осы жайлардың ұзын ырғасымен танысқан көңіл мүшелері атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

Сонымен шарада қорытындыланған Жұмағали Әлібаұлының ұсыныс-пікірлері ескеріліп, жұмыс ауқымын да атап өтті. Кеңес мүшелері алыстан келген зағалыққа қолдан келер бар көмекті жасауға дайындығын мәлімдеп тарасты. Бұл жалпы да жақсы тартып, барымызға сәділіп әметтің қазақ деген мақалының тағы қанығы деп болдық.

◇*«Жол картасы»*

Жаркент жолы жақсарды

Балғыда өлдің көше жолына қаражу мұршасы жеткілікті жағында жаркенттік бір ағ тілді жүргізуші көшкісін шырылап-шалдығып үйіне келді, өйелінен: «Бізділ көшеде 99 шұңқыр бар еді, соның бүгін 98-ін таптым, біреуі қайда кетген?» – деп сұрапты ақылдасып. Иә, ол кезде көшеде келіктен жүру қиын-ақ еді. Қазір қаларалық жолдар да, көшелер де жөнге келді.

Мырзагали НҰРСЕЙІТ,
"Жетісу"

Десе те бышты көктемдегі мезгілде жаңын Жаркент қаласындағы көшеде жолдарының кап жерін шайып кетті. Бұл өз кезегінде жүргіншілердің денсаулығына қауіпін төндіреді.

Соңғы екі жылдың қаражатын жұмыс нәтижесінің көктемдегі жолға байланысты ремонт жасып жөберген сынды. Енді ел ағамыз тақтайдай тұз жолмен қамтылып, көңілі түгел көтеріліп қалған көшелерге жаркенттіктердің өмеселерге ауды.

Үстіміздегі жылы жергілікті қаражат қорынан ауданның орталығындағы 10 көше жолын асфальтбетонмен жабдуден өткізуге 306188 мың теңге бөлініп бұл іс қазір гимнастикалық Сонымен қатар, мемлекеттік «Жол картасы» бағдарламасы бойынша Жаркент қаласындағы Гоголь көшесіндегі жолдың ауқымды жөндеуден өткізуге республикалық қаражат қорынан 76 миллион, облыстық бюджеттен 38 миллион теңге бөлінді. Қазір Гоголь көшесінде жаңдыру жұмыстары тиянақты тамамдалып. Назым көшесіндегі іс жалғасуда. Жаркент қаласында осы жұмыстарға «Жол картасы» бойынша 87 жергілікті тұрғын тартылды.

Жол жөндеуді қолға алған Есік қаласындағы «ДСУ-13» АҚ мердігерлерінен жаркенттіктер дем алуда.

ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ

◇*«Бизнестің жол картасы – 2020»*

ДЕМЕУШІЛЕРГЕ ДӘН РИЗА

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына тың серпін беруде. Оның қаржы агенті есептелінетін «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» тарапынан жүргізілетін «Даму – көмек» бағдарламасы мүмкіндігі шектеулі жандардың бизнесін шалқытуға бағытталған.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"



Аталған қордың облыстық филиалының бас маманы Жәнібек Нұрғазиновтың айтуынша, «Даму – көмек» бағдарламасы мүмкіндігі шектеулі адамдарға қаржылық көмек көрсетіп қана қоймастан, кеңес және сұрақтарға жауап беру, бизнесті ұйымдастырудың жолын көрсету мен демеушілер тарту сынды шараларды атқарады. Өткен жылдан бері аталған қор тарапынан түрлі семинар, тренинг ұйымдастырылып, қазірге дейін облыс аумағындағы 2000-нан аса адамға кеңес берілсе, бизнесін жүргізе алмай отырған бірнатар мүмкіндігі шектеулі адамға қолдау мен көмек көрсетілген.

Осындай көмекке не болғандардың бірі –Текелі қаласының тұрғыны Нұрлан Төлебергенов. Оның бизнесіне «Халық Банкі» Талдықорған аймақтық филиалы шұқі қаржы бөліп, «КОНИКА» фотосалонының жұмысын жандандырып жіберді. Тәуекелге кәсіпкермен келісеміз, болған жайдың барысымен танысып кайттық.

Текелі қаласы, Дүзекен көшесі №39 үйде орналасқан фотосалон ашылғалы 10 жылға тау болса да, қаржы тапшылығынан бизнесін кемелдендіре алмай келген еді. Тіпті, балдаққа сүйеніп жүрген жас жігіт үшін қиындық көп болатын. Ол өткен жылы желтоқсан айында «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» облыстық филиалы ұйымдастырған екі күндік семинарға қатысып, өз жобасын ұсынған болатын. Өтінішіне орай, Қазақстан «Халық Банкі» Талдықорған аймақтық филиалы шұқі қаржы бөліп, демеу көрсетті. Нәтижесінде, сурет өңдеудің көне техникасын қолданып келген фотосалон қазіргі заманға сай цифрлы аппаратқа қол жеткізді. Тіпті, сурет шығарудан өзге құжаттарды көшіру, тағы басқа да қызмет түрін енгізді.

–Басында алып-ұшақ қарызжатыммен бұл жұмысты бастап едім. Бірақ, көне үлгіде жұмыс жасау қиын екен. Кейін жолдастарым ескі құралдарымды сыйға берді. Бірақ, бұлыпып қалуына байланысты жұмыс жүрмей қалған еді. Міне, енді, «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының» мұрындық болуы және «Халық Банкі» Талдықорған аймақтық филиалының көмегімен жаңа құралмен не болдық. Қазір кызмет түрі де көбейіп, кіріспе де артып келеді, – деді Нұрлан біне берген сұхбатында ағамын жарылып.

Осыдан кейін оның жұмыс орнын аралап көрдік. Сондайақ, бізбен бірге болған «Халық Банкі» Талдықорған аймақтық филиалының өкілі Әлия Әлімбасқызы сыр тартты.

–«Халық Банкінде» «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына орай жеткілікті ұйқ, аз қамтылған отбасылар және мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсету қарастырылған. Міне, Нұрлан осы бағдарламаның игілігін көрген алғашқылардың бірі. Ол да шағын және орта бизнеспен айналысатын, кәсіпкерлігін жүргізе алмай отырғандарға есімді қашында ашық, – деді ол.

Иә, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы кәсіпкерліктің дамуына бетбұрыс әкелді. Тек көп кәсіпкерлердің бағдарламаны жетік білмейтіндігі ғана ой тудырады. Осыған орай, бізділ айтарымыз, шағын және орта кәсіпкерлікпен шұғылданатын мүмкіндігі шектеулі адамдар «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының» «Даму – көмек» бағдарламасына сай қолдау мен көмекке не бола алаасыздар. Сондықтан өз жобаларыңызды аталған қорға ұсынып, шаруашылық шалқытуға асығыңыз.

СУРЕТТЕ: кәсіпкер Нұрлан «Халық Банкі» өкілінен алғыс білдіруде.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.

◇*Теміржол тынысы*

ҮШТӨБЕГЕ АМЕРИКАЛЫҚ ЛОКОМОТИВТЕР ЖЕТКІЗІЛДІ

Үштөбе қаласындағы айналма локомотивтік депосына Америкада шығарылған бес бірдей су жаңа ТЭ33А тепловоздары жеткізілді.

Осылайша бұрынғы жұмыс істеп келе жатқан, кеңестік кезде шығарылған ән локомотивтің қатарына қосылған жаңа тепловоздар Түркісіб теміржол магистралындағы ірі стансы арқылы шойын жолмен жүк және жолаушы тасымалының қарқынды мен сапасын одан әрі арттыра түсетін болады.

Депо бастығы Болат Төлеғалиевтың айтуына қарағанда, АҚШ-тан әкелінген локомотивтер бұрынғыларымен салыстырғанда аса қуатты. Мәселен, ескі локомотивтердің күші 3000 аттық болса, жаңаларының 5000 аттық қуаты бар. Сонымен бірге онда машинистерге барлық қызметтік қолайлықтар қарастырылған. Ауа алмастырғыш, электр пеш және тағы басқа да тұрмыстық жағдайлар ойластырылған. Ең бастысы – кез келген ақауды дереу анықтайтын, қозғалыс қауіпсіздігін қадағалайтын барынша жетілдірілген компьютерлік жүйе орнатылған.

Жаңа техника негізінен жүк құрамдарын алып жүруге арналған. Американдық локомотивтер іске қосылысымен айналма депода бірнеше бос техника пайда болады. Соған сай бұрынғы жұмыс істеп келе жатқан бірнеше локомотив Үштөбе – Ақтоғай бағыты бойынша жолаушылар тасымалына жегілді. Маусым айынан бастап, бұл бағытқа үш жұп жолаушылар пойызы қатынайтын болған. Қазіргі кезде арнайы дайындықтан өткен 15 локомотивтік бригада жаңа тепловоздарды ұрымжақа үйіріп, жұмысқа қосты.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ.

КАЗАГРОФИНАНС

КҮРІШ ЖИНАЙТЫН КОМБАЙНДАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРАМЫЗ

- *Мөлшерлемесі жылдық 4%*
- *Қаржыландыру мерзімі 8 жылға дейін*
- *Ортақ қаржыландыру 15% бастап*

Өндірушілер: CNH Case комбайндары, «Агромашхолдинг» ЖШҚ (РФ) - Енисей комбайндары.



Алматы облысындағы "Қазагрофинанс" АҚ-ның филиалы
Тапсырыстарды қабылдау:
Талдықорған қаласы,
Тәуелсіздік көшесі 103, 3 бөлігі
тел.: +7(7282)594403, 594405, 594407
e-mail: ekaf@mail.kz

WWW.KAF.KZ

БЕРЕРІ МОЛ КОНФЕРЕНЦИЯ

Кеше Алматы облысының мұрағаттар және құжаттама басқармасы мен Алматы облысының мемлекеттік мұрағатының ұйымдастыруымен «Мұрағат ісіндегі жаңа технологиялар» атты халықаралық конференция және ғылыми-тәжірибелік семинар өтті.

Конференцияға Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Мұқанов қатысып, сөз сөйледі. Конференцияға Қазақстандағы шет мемлекет елшіліктері мен консульдықтарының өкілдері, Алматы облысының мұрағаттық құжаттарын қалпына келтіру және консервациялауға арналған жетекші жеткізушілер, «SMA Electronic Documenti" (Германия) – Ральф Фукс, «Нівком-Стар» ООО директоры – Ю. А Беленький, ғылыми және мәдени қоғамдастық, мұрағаттар, кітапханалар және мұрағаттану кызметкерлері қатысты.

Конференция бағдарламасында мұрағаттық құжаттардың электрондық көшірмелерін сақтауды ұйымдастырудағы ақпараттық технологияларды қолдану, мұрағаттық құжаттар бойынша ақпараттық-іздестіру жүйелерін құру, дәстүрлі микрофильмдеу мен мұрағаттық құжаттарды микрофильмдеуде COM-технологияларды қолдану тақырыбы бойынша баяндамалар, ғылыми-тәжірибелік семинар мен мастер-класс өткізілді.

Ресми түрде 1919 жылы құрылып, қызмет жасап келе жатқан Алматы облысының мемлекеттік мұрағаты Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі құжаттарды жинаумен де айналысқаны, ол құжаттар Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағатының негізгі қорының қомақты бөлігін құрайтыны конференцияда айтылды.

Ал, енді Жетісу өлкесінің орталығы 1924 жылға дейін Ташкент қаласында болғанын ескерсек, ауыпы-тәуелсіз заманның бүкіл құжаттары өзбек ағайындарда қалып отырғаны белгілі жай. Одай болса, бүгін түсіндіруші расімі өткізіліп отырған бірегей микрофильмдейтін жабдық кешенінің дәл уақтысында сатылып алынғаны дәлелдеудің қажеті шамалы.

Бұл қондырғы арқылы келтірілген мұрағаттағы құжат көшірмесін ең қысқа мерзімде көшіріп алудың орасан мүмкіндігі ашылатын болады.

Асқанбай АХМЕТҰЛЫ.

◈ *Байқау*

Бүгіндері елімізде Президентіміз Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ қолдауымен үш тұғырлы тіл саясаты жан-жақты жүргізілуде. Осы орайда Мәдениет министрлігі және Астана қаласындағы орыс қоғамы бірлесе отырып жастарды толеранттыққа тәрбиелеу, тілдерді меңгеруге деген шығармашылық қабілеттерін жандандыру, сейлеу мәдениетінің деңгейін арттыру үшін ұлттық мектептерде оқитын оқушылар мен студенттердің орыс тілін меңгерудегі жетістіктерін анықтайтын байқау өткізіп келеді.

ТІЛ ТҰҒЫРЫ



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

Алта ортасында Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы және облыстық білім басқармасы бірлесе отырып өткізген «Тіл – барлық білімнің кілті» атты орыс тілі білгірлерінің байқауы осы шараның жалғасы іспетті.

Орыс тілін меңгерудегі өздерінің жеткен жетістіктерін көрсетіп, білімдерін сынамақ үшін 14 пен 22 жас аралығындағы 14 үміткер осы байқауға қатысқан болатын. Бұған негізінен Текелі және Талдықорған қалаларының, Қаратал, Көксу, Сарқан аудандарының жастары жолдама алды. Байқауға қатысушылар – лексикалық-грамматикалық тест; жеке жазбаша тапсырманы орындау; ұсынылған тақырыпқа жүп бойынша диалог құру; тілдер туыстығы мен мәдени туыстығы атты ауызша таныстыру; тіл – ғасырлар мәдениетінің қайнар көзі; орыс және орыс тілді қазақстандық әдебиет классиктерінің және қазіргі заманғы жазушылардың туындыларынан үзінділер мазмұндау; шығармашылық тапсырма бойынша халық аспаптарында ойнау, ұлттық ән би көркемсөз оқу номинациялары бойынша жарысқа түсті.

Қазір орысша таза сөйлейтін қазақтармен ешкімді таңдандыра алмасымыз белгілі. Тіпті ұлттық мектептердің өзінде балаларымыз үзіліс кезінде бір-бірімен орысша сөйлеседі деп налитынымыз бар. Алайда ауызекі сөйлесу бар да, орыс тілінің грамматикасы мен стилистикасын жете білу бір басқа. Байқауға қатысушылар бұл сынан да сүрінбей өткені қуантады. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, жарыс болғаннан кейін жеңімпазы мен жеңілгені кездесіп жататыны ақиқат. Осылайша облыстық тілдерді дамыту басқармасының бөлім бастығы Орынбай Шайкенов, орыс тілі пәнінің мұғалімдері Шолпан Байболданова мен Гүлмайра Шежебаевалар қазылық еткен байқаудың 3-ші орыны Қаратал ауданынан № 3 мектеп-интернатының оқушысы Қанат Сахановтың еншісіне бұйырды. Екінші орынды жеңіл алған ескелділік мектеп оқушысы Карина Қайыңбаева да дипломмен және сандық фотоаппаратпен марапатталды. Әріптестерінен оза шапқан талдықорғандағы қазақ-түрік лицейінің 11-сынып оқушысы Данияр Кенжеханов I дәржелі диплом мен бейнекмераны иеленді. Облыстық байқауда оза шапқан жүлдегер республика көлемінде өтетін жарысқа жолдама алатын болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

◈ *Тәртіптік кеңесте*

Адамгершілік тұрғысында

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы облысы бойынша басқармасының бастығы – облыстық Тәртіптік кеңес төрағасы Серікбай НҰРҒИСАЕВТЫҢ төрағалығымен өткен кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Күн тәртібіне жеті мәселе қойылып қаралды.

Облыстық Тәртіптік кеңестің жоспарлы кешенді тексерулерінің нәтижелері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы және қаласы бойынша департаменттерінің, прокуратура органдарының, облыстық экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаменті құрылымдары тарапынан жүргізілген тексерулер қорытындылары Тәртіптік кеңес төрағасы мен мүшелері назарларына ұсынылып, жан-жақтылы талқыланып, дауысқа салу үрдісімен ортақ тұжырымдар мақұлданып, тиісті орындардың шара қолдануларына ұсынымдар жіберілді.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
"Жетісу"

Бірінші кезекте, облыстық Тәртіптік кеңес қызметкерлері тарапынан облыстық мәдениет басқармасына жүргізілген кешенді тексеру нәтижесі бойынша ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 10-бабы, 5-тармағын бұзғаны үшін облыстық мәдениет басқармасының бастығы Елеусіз Жанпейске Тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныс Тәртіптік кеңес қатысқанынан түсті. Мәселенің мәнісі басқармадағы мемлекеттік қызметкерлер лауазымын заңнамаға сәйкес, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыстық басқармасымен келісілмей ауыстыра бергендіктен болып отыр. Рас, бұл жұмысқа жауапты қызметкер болғанымен оның әрекеттері заңдық тұрғыда расамделмеген. Мәне, сондықтан барлық жауапкершілік басқарма бастығына артылып, заң алдында жауап беруне тиелып отыр. Осы тұста келтіре кететін дейек, бұл заң бұзушылық осыдан бір жыл, тіпті одан әректе жасалғандығы, яғни заңнама бойынша қандай да бір кемшіліктің жіберілгенне бір жыл мерзім өтсе, ол тұлғаны жазапауға болмайтындығы, сондай-ақ, Е. Жанпейіс облыстық мәдениет басқармасын басқарғалы облыста оңды өзгерістер, ауыз толтыра айтатын жұмыстар көптеп атқарылған. Бір ғана мысалға аз мерзімде облыста 17 мың мәдени шара ұйымдастырылып, өткізілсе, соның 16300-ауылды жерлерде атқарылған. Муны Тәртіптік кеңес мүшелері жақсы бағалай отырып Е. Жанпейске Тәртіптік жаза – ескерту беру ұсынылды.

Екінші кезекте, облыстық өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармасын жүргізілген кешенді тексеру нәтижесі саралана келіп, хатшылық ұсынымы мақұлданып, бас маман Ә. Жұмадиловаға сөгіс беру ұсынылды.

Үшінші кезекте, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің Алматы облыстық тәртеңше жағдайлар департаментінде бас маман міндетін атқарушы ретінде қызметке алынып, заңнамаға сәйкес мемлекеттік тестілеуден өтіп, арнаулы тексеруге құжаттарын жібергенде А. Расуловтың ертеректе техникум бітірді деп алған дипломы жалған екендігі ашылып, соған орай Тәртіптік жаза қолдану туралы ұсынысы қарапды. Оның ерекеттерінен сыбайласқан жемқорлық мәселелері де қарала келіп, атқарып отырған қызметінен босату туралы ұсыныс облыстық тәртеңше жағдайлар департаменті басшылығына түсіріпді.

Төртінші кезекте Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы облысы бойынша департаменті қызметкерлерінің Ақсу ауданында 227 мың теңге көлеміндегі субсидияны заңсыз берілген деп аталған аудандағы бірқатар қызметкерлерді ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы бойынша тәртіптік жазаға тарту жөніндегі ұсынымы жан-жақтылы талқыланды. Субсидия дегеніміз мемлекет тарапынан шаруаларға берілетін қайтарылмайтын жәрдемақы екендігі, сол қаражат есебінен бүгінде шаруа қожалығының жерінде егінді алқап өсіп тұрғандығы, Тәртіптік кеңес жазапаушы орган еместігін Серікбай Нұрғисаевтың тарапынан түсіндіріле келіп, Тәртіптік кеңес мүшелерінің ұсыныстары бойынша Ақсу аудандық, ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Мұратхан Нұрғожановтың мәселесін қайта қарау үшін облыстық Тәртіптік кеңеске түсіру туралы ұсынысты Ақсу ауданы әкіміне жіберу керектігі, ал осы мәселеге қатысты аталған аудандағы атқарушы және өкілетті мекемелер қызметкерлерін ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңымен емес, Ар-намыс кодексі талаптары бойынша тәртіптік жазаға тарту керектігі баса айтылды. Әрине, бұл тоқтамға алғашында ұсыныс түсіруші орган тарапынан наразылық айтыла бастаған еді. С. Нұрғисаев құқықтық сауаттылығын таныта отырып, аудандағы ведомстволық комиссия мүшелерінің егілген егінді аз күздерімен барып көрмей, кеңседе отырып қол қойғандары үшін сыбайласқан жемқорлар қатарына қоспай заңнама шеңберінде адами қадам жасау қажеттілігін дәлелдеп берді. Бұл қадам кәптің көзінен шықты деуге болады.

Бесінші кезекте Панфилов ауданы, Жаскент ауылдық округінің тұрғыны кезінде рақымшылық туралы заңнамаға сәйкес, тау бауырайындағы қыстаған жекешелендіріп, енді өзі тұратын ауылда балаларын мектепте оқыту үшін ең жыл кезекте тұрып, тұрған үй салатын жер телімін алғандығы демекші, мұнды ойдан арылып оқуын жалғастырдым.

Атасы Смағұл 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, Ташкентте мәндетін атқарып жатқан жерінен соғыс басталып, майданға аттанады, көп ұзамай хабарошарсыз кетті деген сұмдық хабар елге жетеді.

Соғыс жеңістен аяқталып, ел есін жиған соң әкем ағасын тыңбай іздеумен болады, Мәскеуге орталық архивке хат жолдап, сұраныс жасайды. Еңбегі жанып, 40 жылдан кейін қолына «Қатардағы жауынгер Смағұл Жолжанұлының мүрдесі Белоруссияның Гродно облысының Плавск поселкесіндегі «Тумқандар кәбірінде» жерленгенін, ағы-жөні қайта жаралу кезінде табылған солдат медальоні арқылы анықталғаны» біддірген мәлімет Алакөл аудандық военкоматқа келіп түседі.

Жүретінде сағынып оты сыздап қасына немерелері Дәурен мен Дидарына ертіп, әкем ағасының басына барып, аты-жөні жазылған ескерткішіне тағым етіп, еске алу расімін жасап қайтады. «Сол жерде(гі «Красный Партизан» колхозының басшылары, ауылдық кеңесі, мектеп директорлары, жергілікті тұрғындары бірігіп қаузаған) қабір басына «Тойырғағын торқа болсын» дедіктен.

Әкем мен анам 7 бала тәрбиелеп, бәріне жоғары білім берді, үйлендірді, немере-шөберге сүйді. Аңыздың дүниеден өткеніне 19 жыл, тірісінде әкемізді абыройына абырой қосып, жолдасжорамен қарым-қатынасына берік болды. Әкеміз де, анамыз да бізден тәрбиемізге үлкен көңіл бөлді, бұл үрдіс кейін балаларымыз мен немерелерінде жалғасты. Әкеміз зейнетақыққа шыққан соң немерелері Дәурен, Дастан, Дарханды ертіп, атажұрты Сапаққа барып, үлкен бабамыз Төребайға құран оқытуы, өзінің өскен жеріне немерелерін аунатып-қунатуы, жағайындарымен таныстыруы да үлкен тағылым.

Аға Бахтұр Исағұлұлы мен жеңгем Хасиет Байжұманқызы екі ұл тәрбиелеп, оларды үйлендіріп, немере сүйіп отырған жанұя. Дәурен мен Әйгерім, Ілияс пен Жәмила атты немере сүйгізіп қуантса, Дастанмен Данеля, Ясмин атты екі қыз болып, келіншіз Ботагөз көптен күткен, шекесі торсықтай ұлды дүниеге әкелгенде аулетімізділ қуанышында шек болмады.

Дастан алдымен атасына телефон шалып шөберелі болғанымен құттықтап «Ата мен ұлымның атын Смағұл деп қоймақшымын» дегенде атасы екінші рет ағасымен қаушықандай күй кешті, Қалада өскен, несін жасырайық, ортасы көбіне орысшалағаған немересінің бұл шешімі бәрімізді тебіренттті. Қазіргі кездіңдер (көбісі балаларына атты ақылдаспай-ақ өзіне ұнағанын қойып жатады, ал бұл ретте Ботагөздің жарының айтқанынан шыққан келісуі – тәрбиелі ортадан шығып, инабатты келін болғандығының көпілі деп білеміз.

Тәрбие жан-жақты болғанда ғана нәтижелі болады. Дәурен мен Дастанның нағашы жездері Батимаш Жақыпбекұлы 30 жылдан астам Үшарал қаласында ұстаздық етті, мектеп директоры болды, қазір құрметті демалыста оқу-ағарту ісінің үздігі, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен қапталған медальдармен марапатталды. Нағашы жұртың – сыншыл. Әрқашан тілектес болып, тілеуіңді тілейді, жақсылығына сүйінеді. Әжелерінің тәрбиесін Дәуреннің Дастан кішкентай кездерінде көп көрді. Батимаш әжелері осы күні сәбетінің жемісін көріп, сенсенінің сеңгірине шыққан бақытты жан.

Әкемді Исағұл Жолжанұлы Алакөл ауданының Құрметті азаматы, Үшарал қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанға еңбегі сіңген сауда қызметкері, Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, Ұлы Отан соғысы кезінде тылда атқарған еңбектері өмірінің әр сатысында бағаланып көпілетен медальдармен марапатталды, «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері.

Кезінде мынға жуық адам еңбек еткен кең салалы сауда ұжымын 25 жыл басқардық. Әкем ұжымды, олар әкемді сыйлады. Жақсы қасиеттің бәрін халық арасынан табуға болады, халықтан үйренуден жалықпаңдар. Халықпа деген ақ ниетпн тегін кеткен жоқ, оның дәмені үш үлкен бақытқа жеттім: халықтан алғыс алдық, өзімізді көптің іздеуі, ісімнің өшпеуі, – деп әкем халқына әрқет ризашылығын білдіріп отырады. Осы күні қайда барсам да, кай жерде болсам да жиналған жұрт тік тұрып қарсы алады, ризашы еліме дейді 90-ға аяқ басқан қарт әкем. Дастарқан басында самайы күмістенін әкеміз отырғанда көңілімізі мақтайып, «Әке, асыңда ақыс сапарға, анамыз көрмеген қуаныштардың куәгері болып, ұзақ жасаңыз», – дейміз.

Кішкентай Смағұл Жеңістің 65 жылдығының қарсаңында, 2 мамырда 3 жасқа толады. "Әкеден бала туса игі, әке жолын құса игі", – демекші, жылдар өтіп, ол да есейер, атасы Смағұлдың басына барып тағзым өтер деген үміпі үмітпен ойға алған осы ісіме нұкте қоймақпыз.

Әдемі картаю да өнер, бүгінгі мықты жіттер мықты карт болсын!

Гүлбаршын ИСАҒҰЛҚЫЗЫ.

◈ *Бәрекелді!*

Кілтбай Дүйсенұлының көшесі

Ду бастан-ақ, бересі мен бірлігі жарасқан шалғайдағы сонау Көпбірлік ауылында ел ардақтысы Кілтбай Дүйсенұлына көше беру жиыны өтті. Бұл құанышты сәтте алдымен Қызылбалық ауылдық округінің әкімі Жолдыбала Жұмашева сөз алып, көшеге есімі берілін отырған Кілтбай Дүйсенұлының өмір жолына, жалпы осы өңірдің арғы-бергі тарихына тоқталып өтті.

Бүгінгі балықшылар ауылының негізін өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Кілтбай атамыз қалаған еді. Бар күш-жігерін осы ауылдың өркөйіндығын артуына, келешегінің кемелденуіне жұмсады. Алғашқы төрағалық күрмеуі кезмес күрделі кезеңде жұртшылықты артельдерге біріктіріп, колхоз ұйымдастыруының мұрындығы болған болді. Ақтықтан өлген күйі кеткен жұртшылықтың басын біріктірді. Еңбекке баулыды, егіншілікке жол ашты, Қаратал өзенінен гидрей тоған қаздырды, шығырмен су шығарып, тары егуге мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, елдің қинамай, қысылмай жақсы күндерге жетуіне негіз қалады. Әрдайым өзінің тұрашыл билігі, қарапайымдылығы мен қайырымдылығы, табандылығымен ерекшеленді. «Нуравбай құмы» деп аталатын құмның етегінде жерденген. Үрпағы басына мрамор тастан ескелі ескерткіш орнатты.

Кешенің бұл күнгі қуанышында облыска мәлім әбыз ақсақалымыз Сейдахмет Қожажұлы, ауылдық мәслихат тексеру комиссиясының төрайымы Сарқыт Дәркенбаева, «Нұр Отан» ХДП ауданның ұйымы төрағасының орынбасары Құдайберген Әміренов, облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, ақын, Ә ре Әрін, «Жетісу» өңірарал мемлекеттік мұлік және жо шелендіру департаментінің тығы Айтжан Тыналиев, ау дық округі ақсақалдар алқа ның төрағасы Егеубай Най баев, атамыздың тікелей ұрп қашпағайлық Жақсылықов Кілтбайұлы сөз алып, жыны бізшерін білдірді.

Жиналғандар алдында тулы өнер шелері концерт бер Әсіресе, облыстық филарм ниының әншісі Абылай К мысов пен күміс кимей Әлім Жантемірованың, жергілік өнеркәсіп Мақат Әйнекеттің ш қаған әндері көпшілікті тәм етті.

Рамазан ДУЛАТҰЛ

◈ *Жайдарман жаңалық*

Әлеуметтік дәріхана ашылды

Әлеуметтік нысандардың қайырын қала тұрғындары көріп келеді. Өткен жылы «Жеруйық» коммуналдық базарының жанынан ашылған ардагерлер сауда дүкені үлкендердің алғысына бөленсе, оның қатары тағы да бір дәріханамен толықты.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Әрине, біз ешкімге дуру тілемейміз. Бірақ, қашпа күтпесек те кейбір сырқат алдында әлсіз келетініміз анық. Жанымыз қиналғанда дәрігер іздеп, дәрумендерге жүгінетініміз де жасырын емес. Алайда, дәрі-дәрмек бағасының қымбаттығын болмаған табыс немесе жәрдемақы және жеңнатижемен күнелетіндіктің қалтасы көтере бермейді. Тіпті

гіншілікке жол ашты, Қаратал өзенінен гидрей тоған қаздырды, шығырмен су шығарып, тары егуге мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, елдің қинамай, қысылмай жақсы күндерге жетуіне негіз қалады. Әрдайым өзінің тұрашыл билігі, қарапайымдылығы мен қайырымдылығы, табандылығымен ерекшеленді. «Нуравбай құмы» деп аталатын құмның етегінде жерденген. Үрпағы басына мрамор тастан ескелі ескерткіш орнатты.

Кешенің бұл күнгі қуанышында облыска мәлім әбыз ақсақалымыз Сейдахмет Қожажұлы, ауылдық мәслихат тексеру комиссиясының төрайымы Сарқыт Дәркенбаева, «Нұр Отан» ХДП ауданның ұйымы төрағасының орынбасары Құдайберген Әміренов, облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, ақын, Ә ре Әрін, «Жетісу» өңірарал мемлекеттік мұлік және жо шелендіру департаментінің тығы Айтжан Тыналиев, ау дық округі ақсақалдар алқа ның төрағасы Егеубай Най баев, атамыздың тікелей ұрп қашпағайлық Жақсылықов Кілтбайұлы сөз алып, жыны бізшерін білдірді.

Жиналғандар алдында тулы өнер шелері концерт бер Әсіресе, облыстық филарм ниының әншісі Абылай К мысов пен күміс кимей Әлім Жантемірованың, жергілік өнеркәсіп Мақат Әйнекеттің ш қаған әндері көпшілікті тәм етті.

Рамазан ДУЛАТҰЛ

Ардагерлерге құрмет



Мырзагали НҰРСЕЙІТ,
"Жетісу"

Панфилов ауданынан Ұлы Отан соғысына 12 мыңнан астам жас боздақ аттанған екен. Солардың соғыстан кейін еліне жартысынан астамы ғана оралып, қалғаны жат жердегі майданның ойран даласында опат болыпты. Осынау орны толмас шығынның өнірдегі әр отбасына қасіреттің қатысы бары да даусыз.

Қазір ауданда Ұлы Отан соғысына қатысқан 37 қарт жауынгер тұрады, мыңнан астам тыл ардагері бар.

Жақында Жаркент қаласындағы мектеп-интернатта осындай бір жақсы кездесу өткізілді. Оқушылармен өткізілген бұл кездесуге Жаркент қаласында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Уаш Молақов, соғыс жылдарында тылда еңбек еткен аналарға ұлттық камзол сыйлады. Бұдан әрі жүздесу өнерпаз оқушылардың патриоттық тақырыптағы ән, жыр, биімен өрілді. мектеп мұғалімдері хормен орындаған Мұқан Төлебаевтың «Кәстелі орамал» әні басқосу мазмұнын әрлей түсті.

Жаркент қаласы.

Үш бақыт

1941–1945 жылдар Ұлы Отанымыздың тарихи шежіресінде өзінің өрлік пен еңбекке толы беттерімен мәңгілік орын алды. Қаһарлы жылдардың сол бір көлбеті қазіргі көзі тірі ардагерлердің естеліктері мен архив парақтарынан анық байқалады. Әкем Исағұл Жолжанұлы денсаулығына байланысты соғысқа қатыспады, 14 жасында оң жанбасының үршығы сынып мүгедек боп қалды. Өз қатарымен жүгіре алмай қорланды, келешегіне күдікпен қарап жабырқады.



Әке-шешелеп 3 ұл, 1 қыз еді. Інісі Маман, қарындасы Дарига олш, апуы апасынан 12 жасында айырылып, өзінен 2 жас үлкен ағасы Смағұлмен әкесі Жолжан үшеуі ғана қалады. Ірақ «Адам болатын бала алыска қарайды» демекші, мұңды ойдан арылып оқуын жалғастырдым.

Атасы Смағұл 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, Ташкентте мәндетін атқарып жатқан жерінен соғыс басталып, майданға аттанады, көп ұзамай хабарошарсыз кетті деген сұмдық хабар елге жетеді.

Соғыс жеңістен аяқталып, ел есін жиған соң әкем ағасын тыңбай іздеумен болады, Мәскеуге орталық архивке хат жолдап, сұраныс жасайды. Еңбегі жанып, 40 жылдан кейін қолына «Қатардағы жауынгер Смағұл Жолжанұлының мүрдесі Белоруссияның Гродно облысының Плавск поселкесіндегі «Тумқандар кәбірінде» жерленгенін, аты-жөні қайта жаралу кезінде табылған солдат медальоні арқылы анықталғаны» біддірген мәлімет Алакөл аудандық военкоматқа келіп түседі.

Жүретінде сағынып оты сыздап қасына немерелері Дәурен мен Дидарына ертіп, әкем ағасының басына барып, аты-жөні жазылған ескерткішіне тағым етіп, еске алу расімін жасап қайтады. «Сол жерде(гі «Красный Партизан» колхозының басшылары, ауылдық кеңесі, мектеп директорлары, жергілікті тұрғындары бірігіп қаузаған) қабір басына «Тойырғағын торқа болсын» дедіктен.

Әкем мен анам 7 бала тәрбиелеп, бәріне жоғары білім берді, үйлендірді, немере-шөберге сүйді. Аңыздың дүниеден өткеніне 19 жыл, тірісінде әкемізді абыройына абырой қосып, жолдасжорамен қарым-қатынасына берік болды. Әкеміз де, анамыз да бізден тәрбиемізге үлкен көңіл бөлді, бұл үрдіс кейін балаларымыз мен немерелерінде жалғасты. Әкеміз зейнетақыққа шыққан соң немерелері Дәурен, Дастан, Дарханды ертіп, атажұрты Сапаққа барып, үлкен бабамыз Төребайға құран оқытуы, өзінің өскен жеріне немерелерін аунатып-қунатуы, жағайындарымен таныстыруы да үлкен тағылым.

Аға Бахтұр Исағұлұлы мен жеңгем Хасиет Байжұманқызы екі ұл тәрбиелеп, оларды үйлендіріп, немере сүйіп отырған жанұя. Дәурен мен Әйгерім, Ілияс пен Жәмила атты немере сүйгізіп қуантса, Дастанмен Данеля, Ясмин атты екі қыз болып, келіншіз Ботагөз көптен күткен, шекесі торсықтай ұлды дүниеге әкелгенде аулетімізділ қуанышында шек болмады.

Дастан алдымен атасына телефон шалып шөберелі болғанымен құттықтап «Ата мен ұлымның атын Смағұл деп қоймақшымын» дегенде атасы екінші рет ағасымен қаушықандай күй кешті, Қалада өскен, несін жасырайық, ортасы көбіне орысшалағаған немересінің бұл шешімі бәрімізді тебіренттті. Қазіргі кездіңдер (көбісі балаларына атты ақылдаспай-ақ өзіне ұнағанын қойып жатады, ал бұл ретте Ботагөздің жарының айтқанынан шыққан келісуі – тәрбиелі ортадан шығып, инабатты келін болғандығының көпілі деп білеміз.

Тәрбие жан-жақты болғанда ғана нәтижелі болады. Дәурен мен Дастанның нағашы жездері Батимаш Жақыпбекұлы 30 жылдан астам Үшарал қаласында ұстаздық етті, мектеп директоры болды, қазір құрметті демалыста оқу-ағарту ісінің үздігі, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен қапталған медальдармен марапатталды. Нағашы жұртың – сыншыл. Әрқашан тілектес болып, тілеуіңді тілейді, жақсылығына сүйінеді. Әжелерінің тәрбиесін Дәуреннің Дастан кішкентай кездерінде көп көрді. Батимаш әжелері осы күні сәбетінің жемісін көріп, сенсенінің сеңгірине шыққан бақытты жан.

Әкемді Исағұл Жолжанұлы Алакөл ауданының Құрметті азаматы, Үшарал қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанға еңбегі сіңген сауда қызметкері, Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, Ұлы Отан соғысы кезінде тылда атқарған еңбектері өмірінің әр сатысында бағаланып көпілетен медальдармен марапатталды, «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері.

Кезінде мынға жуық адам еңбек еткен кең салалы сауда ұжымын 25 жыл басқардық. Әкем ұжымды, олар әкемді сыйлады. Жақсы қасиеттің бәрін халық арасынан табуға болады, халықтан үйренуден жалықпаңдар. Халықпа деген ақ ниетпн тегін кеткен жоқ, оның дәмені үш үлкен бақытқа жеттім: халықтан алғыс алдық, өзімізді көптің іздеуі, ісімнің өшпеуі, – деп әкем халқына әрқет ризашылығын білдіріп отырады. Осы күні қайда барсам да, кай жерде болсам да жиналған жұрт тік тұрып қарсы алады, ризашы еліме дейді 90-ға аяқ басқан қарт әкем. Дастарқан басында самайы күмістенін әкеміз отырғанда көңілімізі мақтайып, «Әке, асыңда ақыс сапарға, анамыз көрмеген қуаныштардың куәгері болып, ұзақ жасаңыз», – дейміз.

Кішкентай Смағұл Жеңістің 65 жылдығының қарсаңында, 2 мамырда 3 жасқа толады. "Әкеден бала туса игі, әке жолын құса игі", – демекші, жылдар өтіп, ол да есейер, атасы Смағұлдың басына барып тағзым өтер деген үміпі үмітпен ойға алған осы ісіме нұкте қоймақпыз.

Әдемі картаю да өнер, бүгінгі мықты жіттер мықты карт болсын!

Гүлбаршын ИСАҒҰЛҚЫЗЫ.

◈ *Жемқорлыққа – жол жоқ*

ХАЛЫҚ КҮТКЕН ҚАБЫЛДАУ

немесе ҚР экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) агенттігі төрағасының орынбасары, қаржы полициясының генерал-майоры Сәттібек ОҢҒАРБАЕВ қабылдау өткізді

Жемқорлықтың жолын кесу бүгінгі күннің басты талабы екені жасық. Бұл ретте де біздің мемлекетіміз нақ қадам басып, тәуелсіз мемлекеттер достастығы елінде ең бірінші болып 1998 жылы ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңды қабылдаған, ешкімге ешқашан Отанымыз алдындағы азаматтық парызын, әсіресе мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін қызметкерлердің жауапкершілігін одан әрі дағдарыстан алмайды" деп жазып қайтарған генерал-майор қандай да бір мәселені түпкі жағы түсіне алып, заңнама шеңберінде әрекет ету керектігін ұғындырып отырды. Тұрғындардың бір сағаң, мәселесі көпшілік екендігін тілек жағдайын айтып, көмектесуін өтінді. – Сол кезекпен, мәселемізді көргізіп сіз, таяу бір мәселемізді айтуға келдік, – деп талдықорғандық азамат әңгімені жалғастырды. Оның сөзіне қарағанда қаласы мәселесін жұмыс барысында оқып, танысып жауабын беру үшін аудиға тапсырыпты.

М. Тынбаев ауылының тұрғындары бізбен, өңіпрлі жұмыстан заңсыз шығару, мемлекеттік-сыбайлас жемқорлық жайы бәрімізді жайды ділге, әрине заңнан ешкім аспейтіні. Олардың заңсыз жұмыстан шығару туы бұйрықтан заңсыздығы қалпына келтіріп, жұмыс орнындарына қайта орналастыру мәселесін тек сот шешетіндігі де жақсы, әңгімеледі.

Ал мемлекеттік сыбайлас жемқорлық мәселесі жөніндегі мәлметке қақпы жолдарынан түскен ақпарат орнейін, облыстық экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаментіне арнайы арыз жазып келіп керектігі аталған департамент бастығы тарапынан тұрғындарға айтылды.

Бұл күні және қабылдауға жазылған 18 адамның бәрінің тек проблемаларын айтып жоқ, С. Оңғарбаевтың әдістерімен мәселелер шешімін табуда жандайдың, бір – талдықорғандық Роза Сейдахметова деген азаматша генерал-майорға «Сіздің әлеметтарды және қабылдау жергілікті жаңаң қабылдаманың облыстың, «Жетісу» газетінен оқып, естіп жүрміз» деуі – деуді.

Алаяқ аудиандағы аты-шулы «Алаяқтың» қылықтары әлі күнге тұрғындар қыл аяқтың үстінде. ау бастағы келген тұрғындар қаңтарылған. арындағанды, бірақ тұрғындардың, сыртынан Алаяқ деуінен, әлеуметтік қызметтерге бергендігін басқа айтты. Бұл мәселенің, әлдеде дәлелінше қалғысты жағы қарастырылуға айтылған.

Кезінде ел қатарлы жұмыс істегендіктен несие алған азамат қысқартуға түсіп, алдынан дағы қарызынан өтей алмай, сот үкімшілігінен шығуына кешен сұрай келіпті. Әрине, оны жұмысқа орналастыру жағын көрсетілгендігін қарастырар, ал бұғып қабылдау мәселесі басқа екен.

Бірен-саралы жиналғандай көрген мәселелерге қаңа тәсілдеме сай құлшыны органға арыз жазғандар, материалын көшіріп тексерулер материалдарын көрсетілген дағаны жауап қайтарылады. «Қарағым, сағаттың бар, қорғаушыларың тағы бар» деп келгенге қасіпкерлерге тек құлшынын жұмыс күтеу керектігі бір ауыз сөзбен ұғындырылды.

Алматыдан заманда тапсырғандықтан, Евгений Ақсайдың дағаны жайлатқан ең қабат сәмелерін мен 18 сатық, жарияның айырылған Үшін, ұяшық бос тұрғын сәмелерін сәмелатқан көпшілігінен, басшыларын жалға берген, ал оны жалға алған адам көп сәмелеңбей бір орағанына 7 мың америкен долларына сатып жіберген Ерсін деген жігіттің қылмыстық іздің жүр. Әрине, Бұл мәселе бір ғана органның ешшеген шешілге ме, жоқ па, оны алдағы күн көрсетеді.

Қақсу ауданынан келіпен аяқ сол ауданды Лаззат Жақпасова деген ашықсөйлеп ауданына түсіп, қақпуар шағымға батқанын мынан отырып баяндады. Ақсайдың шұғыметтер, әлеметтерден және әдімдерден де зар қақсағанын жазды дәлелдер айтылып, оны зан шеңберінде қарау құзыретін органдарға тапсырылды.

Қорыта айтқанда , Ата Заңымызға сәйкес, құқықтық мемлекет ретінде орнығу үшін ҚР экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) агенттігі сынды құзыретті органдардың, сөзбен емес іспен өрекше. Десек, бүгінгідей жалпыхалықтық, қолдау тауып, ел көпшілігі көп дүниеге деп басқан қадамдары аз уақытында болып түрса нұр үстіне нұр емес пе?!

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

● Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 87 (17356) Бейсенбі, 22 шілде, 2010 жыл ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Казакстан -2030

ресми хабарлар

Қазақстан – Түркменстан – Иран теміржолы

Өзен – Қызылқия – Бereket – Этрек – Горган теміржолының құрылысы ҚР 20 жылдығы қарсаңында 2011 жылдың желтоқсанында аяқталуға тиіс.

Бұл туралы Маңғыстау облысында жұмыс сапарын жүргізген Премьер-Министр Мәжілістің Төрағасы Нұрлан Нығматулин мәлім етті.

Оң Қазақстаннан Түрменстан арқылы Иранға теміржолдың қазақстандық бөлігінің құрылысын ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ерекше бақылауға алғаны есіңізде болар.

«Бұл елбасының (Президенттің) жеке тапсырмасы. Жоба белгіленген мерзімде – тоқсаннан соң 20 жылдың қарсаңында аяқталуға тиіс», деді К.Мәсімов кеңесінің күні.

«Қазақстан теміржолы» АҚ (ҚТЖ) басқарушы директоры Әділхан Ерімбетов Премьер-Министрге жүргізілетін 2011 жылдың желтоқсанында қарай аяқталатыны айтып сендірді.

«Ирамнен және Түрменстаннан жеке бөліктерінің құрылысын үйлестіруге 2011 жылдың желтоқсанында аяқтау туралы уағдаластық бар», деді А.Ерімбетов құрылыс барысы туралы баяндай отырып.

КТЖ басқарушы директорының айтуынша, жобаның жалпы құны – 7,85 млрд.

«КТЖ» АҚ президенті Аскар Мамин «теміржолдың астық электі 3-8 млн. тонна болғайды құрайтынын» жеткізді.

Теміржолдың жалпы ұзақтығы 686 шақырымды құрайды, оның 146 шақырымы Қазақстан арқылы, 470 шақырымы Түрменстан арқылы, 70 шақырымы Иран аумағы арқылы өтеді.

◇ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС АУҚЫМДЫ

Кейінгі жылдары қала көрінісі көрік қосатын, тұрғындардың мәдени өмірін жаңғыртатын нысандар бірінен соң бірі бой көтеруде. Алдағы тамыз айында елімізде теңдесі жоқ Спорт сарайы мен Назарбаев зияткерлік мектебі пайдалануға беріледі. Екі нысанның жалпы құны 5 млрд. теңгеден асады. Облыс әкімі Серік УМБЕТОВ құрылыс алаңындағы жұмыс барысымен танысып, құрылысшыларға нақты тапсырмалар берін кайтты.

К. АНДАС,
"Жетісу"



Облыс басшысы ең алдымен Назарбаев зияткерлік мектебіндегі жұмыс көрсетымен танысты. Бастеге кабинетті ұрпақ тәрбиесімен шұғылданатын ымаратын құрылысы аяқталуға жақын. Ішкі әрлеу жұмыстары бітсе сала мектеп жұмыстары да жолыбек. Жалпы құны 2 млрд. 286 млн. теңгені құрайтын мектептің сыйымдылығы 750 адам жұмыс істейді. Нысанға бас сұқпан облыс басшысына мердігер компанияның өкілдері мектептің инфрақұрылымынан мәлімет берін өтті. Мұнда заман талабына сай жабдықталған 45 оқу кабинеті, 2 бассейн, 2 асхана, спорт залы және шыныжу алаңы, тағы басқа да оқушыларды оқуына керекті құрылымдар бой көтермек. Сондай-ақ, барлық оқу кабинеттері интеллектуалды тақталарын жабдықталады. Мектеп жанында 90 орынға лайықталған балабақша ашылып, 6 топқа 3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндер қабылданып, бірден үш топқа білім алады. Кәрігерлік сілемдің тұғыры Президенттің мектебінде ешқашан дегей балаларының қатары көп. Биыл 600 оқушыны қабылдау жоспарланған. Осыған орай, бірінші кезеңдегі іріктеуден 490 бала өтсе, қалғаны 10 тамыздағы іріктеу барысында белгілі болмақ. Мұнда 1-6 сыныптарға аралығында оқытындардың бір жылдық қаражаты 240 мың теңгені құрайды. Аз 7 сыныптан ары қарай Президент грантымен оқу қарастырылған. Комиссияның шешімі бойынша 240 баға грант несі беза алады. Елімізідің еңселі азаматтарын зайындайтын мектепте физика және математика пәні тереңдетіліп оқытылады. Оларға іріктеуден өткен өңірлердегі ең білімді, тәжірибелі мұғалімдер сабақ береді. Аткарылған жұмыс ретінде қаңыққан Серік Өбікенұлы 2 бассейн, 2 асхана және бірқатар оқу залдарына арнайы кірін, сапалы жер салды.

Мұндағы құрылыс қарқынын жоғары бағалаған облыс басшысы келесі кезекте құрылысы бітуге жақын қалған Спорт сарайында жүргізілін жатқан жұмыс барысымен танысты. Жер телімінің аумағы 8 гектар жерді алып жатқан кешеннің сәулеті асқан. Онда спорттың бірнеше түрінен жарыстар өткізуге, спортшылар мен денсаулығын шынықтыратын топтардың жаттығуына ерекше қолайлы құрылғылар бар. Жертөлеге автотұрақ, кафе, техникалық ғимарат, ыстана көлсетін тір, тамақтану орны орналастырылған. Бірінші қабатта вестибюль, мини футбол мен баскетбол ойнайтын спорттық арена, көрермендерге арналған трибуналар бар. Мұнда, ғауза және бассейн, комакүй де осында. Сондай-ақ, ауыр атлетикамен шұғылданушыларға арналған тренажер залы да жұмыс істейді. Екінші қабатта көрермендерге арналған трибунасы бар әмбебап зал, холл, самбо, дзюдо, таэквондо, бокс, ерікін және классикалық күрес, спорттық би залы мен мұражай орналасқан. Үшінші қабатта радио аппарат және басқасы орталықтары, спорт залының жарықтандыру кондырғылары комастаса, төртінші қабатта залды техникалық жарықтандыру құрылғылары орнатылған. Ал құрылыстың сыртқы жұмысы жақсы жеткерумен комерлік, қарсы алдыны жер алыбы Жамбылдың ұстазы Сүйінбай Арағұлының ескерткіші бой көтермек.

Спорт сарайының құрылысы толық бітуі үшін 3 млрд. теңгелен астам қаржы құйылса, барлығы жылдың өзінде 1 млрд. 281 млн. теңге жеңгілікті бюджеттен 971 млн. теңге бөлінді. Оның құрылысы тамыз айында бітіп, ел игілігіне берілсі деп күтілуде.

Соңында БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында Серік Өбікенұлы қос нысанда аткарылған жұмыстарға жоғары баға берін,жоспардың орындалуын қатаң бақылауда екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ, мердігер компания өкілдеріне нысаннын тамыз айының 10-12 күнне дайын болуын тапсырды.

Суретті түсірген Аслан КАЖЕКЕ.

Жетісу жерінде

Түлектер концерті

Елік халықаралық балалар ән мектебі 17 балауса өнерпаз туралы сән вечерінің мектеркі кешінде түлектер берді.

Баянды ЗӨКІРОВ,
"Жетісу"

13 жасқа дейінгі балалар бағдарламасын мектеп түрлеткері алған білімдерін айқастау мақсатында ата-аналары қатысқан шешімді алдында қорытынды концерт берді. Сән вечерінің жетік мектеркі түлектердің орындауындағы Дәулеткерейдің күйі «Қоңқалы», халық күйі «Келіпті», Моцарттың «Фантазиясы», Фобеттың «Поэма» шығармалары мен халық әні «Лайлам» жаңалықтарды бағуын алды.

Алғыс айтқан ата-аналар мектеп ұжымына, оның директоры Розагүл Мәжиткызына, сән ұстаздары Нұргүл Серікбасова мен Гүлмира Арабаевага ризашылықтарын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

Автобус газбен жүреді

Жуырда Алматыда автожөнделтерді көктілдір отынмен жабдықтайтын тұрақты компрессорлық стансы ашылды. Оң «КазТрансГаз» және «Ірікган Казахстан» компаниялардың бірлескен кәсіпорны негізінде жұмыс істей бегі.

Бөлат МӘЖИТ,
"Жетісу"

Бұдай өту қала экологиясына мол пайдасын тигізгелі отыр. Себебі, егер бір автобус газбен жүрсе, ол қалаға 1500 тал отырғызғанмен бірдей әсер береді екен.

Газ құю стансы тәулігіне 240 автобусты еміс-еркін қамтамасыз етеді. Газ әрі тиімді, әрі арзан. Оның бір текше метрінің құны 45-ақ теңге. Алғашқы кезеңде 200 автобус газбен жүретін әкелістер қатарын құрайды деп күтілуде. Тәуелсіз бекеттердің ашуынша 8 газ құю стансының жұмыс істейді деп нақты жоспарланған.

◇ҮКІМЕТ ТАПСЫРМАСЫ

ЭЛЕКТР СТАНСЫСЫ САЛЫНАДЫ

Алматы облысында өндірілетін электр қуаты тұтынушылардың сұранысын толықтай қанағаттандыра алмайды. Сондықтан облысымызда электр қуатына тапшылық байкалуда. Өңірімізбойынша электрге деген қажеттілік 625 МВт-ты құраса, оның 309 МВт сыртан алынады.

Бүгінгі таңда өнеркәсіп кәсіпорындарын ашу үшін индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында жаңа жобалар қолға алынуда. Энергетиканы дамыту мақсатында облыста әр жаңа түрлендер үшін маңызды жобалар жүзеге асырылмақшы. Олардың қатарында қуаты 1320 МВт құрайтын Балқаш ыссы электр стансысы құрылысының бірінші кезеңі бар. Құрылыс аясында 2009-2014 жылдар аралығында салынады. Жалпы жоба құны 360,7 млрд. теңгені құрайды. Нысан сыу ұшін техника-экономикалық негіздеме жасалынған. Ол құжатты роскосмос ұшін инвестициялық жобалады. Инвесторлар ынтықтастырушы «Казпи» және «Самұрық» деп аталатын кос компания. Жобаны іске асырушы «Самұрық-Энерго» АҚ және «Казакмыс» АҚ.

Мойынқұм сұ электр стансысына (әрі қарай СЭС) толықмалы және істеуінде ол облысымызды 300 МВт электр қуатымен қамтамасыз етеді. Оның құрылысы 2011 жылы аяқталады деп күтілуде. Жалпы жоба құны 54,1 млрд. теңгені құрайды. Қаржы Қазакстан мен Қытайдың даму банктерінен бөлінеді.

Облысымыздың орталығы Талдықорған қаласында құны 240 МВт, 660 Гкал құрайтын жылу электр орталығын салу жоспарланып отыр. Жобаның құны 77,9 млрд. теңгені құрайды. Кәрігерлік тендік жобасының техника-экономикалық негіздемесі бекітілді.

«Мойынқұм СЭС құлын тиімділігі» жобасы бойынша қолға алынды. Жобаның жалпы құны 10,3 млрд. теңгені құрайды. Ол 2010-2012 жылдар аралығында салынады. Оны жүзеге асырушы «КЕГОК» АҚ.

Облыста 2008-2016 жылдар аралығында су және жел энергетикасын дамыту бағдарламасы жасалынған. 2008-2016 жылдар аралығында жалпы құаты 326 МВт құрайтын 28 СЭС және Жоңғар қақпасының Шелек даңғылында жел-электр стансыларын салу жоспарланып отыр.

Облысымызда электр стансыларын салу 2008 жылдан бастап қарқын алды. Содан бері қуаты 18,9 МВт құрайтын 5 шағын СЭС іске қосылды.

«Қазақстандағы ұлттық желілерді жаңғырту II кезеңі» жобасы есірсен желілерді күрделі жөндеуге бағытталған. Жобаның жалпы құны 52 млрд. теңге. Нысан 2010-2016 жылдар аралығында салынады. Оның бірінші кезеңдерін қазан қорытындыланды.

«Алтай» 500 кВ қосалқы стансысы салынғанда 500 кВ және қосымша тағы 220 кВ күш қазақстандық ұлттық электр желілеріне қосылады. Жобаның жалпы құны 29,9 млрд. теңге. Нысан 2010-2014 жылдар аралығында салынады.

Облыс тұрғындарын электрмен қамтамасыз ету барысында бұл жобаларды жүзеге асырудың маңызы зор. Алайда индустриалды инновациялық бағдарламалар тұрғындардың алғыстық жағдайын жақсартуға бағытталады.

Мұхарбек БЕКТҰРСЫНОВ,
облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы.

ТАҒАЙЫНДАУ

Облыс әкімінің әкімімен **Аңсар Тұрсынханұлы МҰСАХАНОВ** Алматы облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

Аңсар Тұрсынханұлы МҰСАХАНОВ



1966 жылы туған. Алматы мал дәрігерлік институтын және Қазақ ұлттық аграрлық университетін бітірген. Мамандығы бойынша мал дәрігері, мемлекеттік және жергілікті басқару менеджері. Ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты.

Еңбек жолын Күрті ауданындағы «Құйған» совхозында жұмысшы болып бастады. Институтты бітіргеннен кейін КСРО-ның 60 жылдығы атындағы кеңшарда мал дәрігері болды. Әр жылдары Күрті ауданының бас мал дәрігері, Жамбыл ауданы Ұзынағаш стансысы мал учаскесінің меңгерушісі, Теміржол ауылдық округінің әкімі, Ақсеңгір тәжірибелік шаруашылығының директоры, «Қазбек» ЖШС директоры, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қарасай аудандық аумақтық басқармасының бастығы. Іле ауданы әкімінің орынбасары, Жамбыл және Қарасай аудандарының әкімі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы қызметтерін атқарған.

◇ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Қос жүлдегерді қабылдады

Өткен жылы облысымыздың дарынды оқушылары халықаралық олимпиадаларда 96 медальді иеленсе, биыл 142 медальға қол жеткізген. Бұл көрсеткіш жыл соңына дейін өсе түсетіні анық. Облыс басшысы Серік Үмбетов жыл сайын халықаралық білім сайыстарында топ жарып, өңіріміздің ғана емес, республикамыздың мерейін асқақтатып жүрген дарынды балаларды қабылдап, марапаттауды, шабыттандыруды дәстүрге айналдырған.

Осы ретте, таяуда 98 мемлекеттен 820 үміткер қатысқан 51-ші халықаралық жас математиктер сайысында қазақстандықтар 3 алтын, 2 күміс медаль иеленіп, Қытай, Ресей, АҚШ, Оңтүстік Корея елдерінен кейінгі 5-орынға табан тіреді. Талдықорған қаласындағы дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын №20 лицейдің қос түлегі Нұрсұлтан Хаджымұратов пен Қанат Сатылханов жеңіл алған екі алтын жүлде шешуші рөл атқарды. Сондықтан олар қандай құрметке болса да лайықты. Олар аталған сайысқа аттанарда облыс әкімімен жүздесіп, ақ батасын алған еді. Енді, міне, сонда берген уәделерін орындап табыспен оралды.

Халықаралық басекеде елдің туын биік ұстап, өңіріміздің мәртебесін өсірген қос жүлдегерді облыс әкімі **Серік Үмбетов** қабылдап, ізгі тілегін жеткізді.

–Бүгінгі кездесуге елдің намысын қорғап жүрген ең білімді, дарынды шәкірттер қатысып отыр. Тағы бір жағынан, бүлар өлкеміздің мақтанышы. Қазіргі таңда Елбасымыз дарынды балаларға даңғыл жол ашып, үлкен қамқорлық жасап отыр. Сонымен қатар, қазір әр облыста дарынды балаларға арналған мектептер ашылуда. Талдықорған қаласында да жаңа оқу маусымында осындай мектеп ашылмақ. Онда келешегі зор, ең білімді балалар оқиды. Бұл қабілетті баланың талабын ұштауға ашылған жол. Бүгінгі таңда дарынды балаларды даярлап келе жатқан №20 лицей ұжымының еңбегін ерекше атап айтуға болады.

Қазақта: «Асыл – тастан, ақыл – жастан» деген жақсы мақал бар. Елімізідің болашағын қалайтын білімді азаматтар, өздеріндей жастардың арасынан шығатынына сенімдімін. Сонымен бірге, екеуіне айтар тағы бір ағалық ақылым – қашанда ана тілдеріңді сыйлаңдар. Өз асыл багалай алмаған адамның ұзаққа бармайтыны естеріңде жүрсін. Алдағы уақытта әлі де талай жеңістерге жетіп, Қазақстанның атын шығара беріңдер, – деді.

Кездесуге облыс әкімі аппарат басшысы Ержанбек Нұрбеков, облыстық білім басқармасының бастығы Лоззат Базарқұлова, Талдықорған қаласындағы дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын №20 лицейдің бұрынғы директоры, қазіргі «Назарбаев зияткерлік мектебі» АҚ-ның өкілі Мариям Қабидолдақызы да қатысты. Шара барысында қос жүлдегердің жетекшісі Сергей Поляевских, Нұрсұлтан Хаджымұратовтың әкесі «Түлпар» ЖШС-нің директоры Сергали Әлімовтар сөз алып, бүгінгі таңда дарынды балалардың озық білім алуына облысымызда барынша жағдай жасалып отырғанын тілге тиек етсе, Нұрсұлтан Хаджымұратов пен Қанат Сатылханов осындай мүмкіндікті жасап отырған облыс әкіміне алғыстарын жеткізді. Сондай-ақ, Астана қаласындағы Назарбаев университетіне құжаттарын өткізгендіктерін айта келіп, қашанда облыс басшысы артқан сенімге сай жақсы азамат болып, жинаған білімдерін елімізідің игілігіне арнайтындықтарына сендірді.

Халықаралық олимпиададан жүлделі оралу оңай болған жоқ. Осы орайда, сегіз жүзден астам үміткерді артқа тастап, жеңіс төріне шыққан ұландарымыздың дайындаған Сергей Поляевскийтың еңбегі ескерусіз қалмады. КБТУ-ды енді ғана тамамдаған ол жаңадан ашылатын «Назарбаев зияткерлік мектебінде» сабақ беретін болды. Еңбек жолын жемісті бастаған оған облыс басшысы жаңа пәтер де берігзбекші. Бұл қазақ ауылында өсіп-ержеткен, таяуда қазақ қызымен отау құруға дайындалып жүрген жас жігітке үлкен тарту болғаны анық.

Соңында облыс әкімі дарынды түлектер мен жетекшісін марапаттады. Сондай-ақ, екеуіне оқып, білім алыңдар деген ниетпен өмірден көрген түйгендері жазылған «Көз ілмейтін көңіл» атты кітабын сыйға тартты әрі естелік суретке түсті.

А. ҚАЖЕТ.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Алматы облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы басшылығы және бөлім бастықтары әр айдың ортасы мен соңында Алматы облысы бойынша "Нұр Отан" ХДП қоғамдық бірлестігі бөлімінде азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

◇ЖАСЫЛ ОРАҚ – 2010

МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШ СЕБІЛДІ

Облысымызда өсірілетін негізгі дақылдың бірі–қант қызылшасы. Бүгінгі таңда оны күтіп-баптаудың агротехникалық шараларды орындалуда. Төтті түбір тұқымы биыл 13067 гектарға себілген. Қазір шөптеу жұмыстары жүргізілуде.

Алқапқа минералды тыңайтқыш шашу жұмыстары жалғасын табуда. Осындай шаралар дәндік жүгерімен күтіп-баптауға да жүргізілуде. Барлығы 60472 гектар алқаптағы дәндік жүгерінің 14646 гектарына химиялық өңдеу, 21058 гектарына минералды тыңайтқыш себілді.

Майбұршақ алқабы 58785 гектарды құрайды. Оның 24420 гектарына химиялық өңдеу жүргізілсе, 4567 гектарына минералды тыңайтқыш себілген.

Майбұршақ өңдейтін кәсіпорындардың келтеп ашылуына байланысты аталмыш дақылдың алқабы устимдегі жылы 7777 гектарға ұлғайды.



АЛҚАПТЫҢ ОН ПАЙЫЗЫНЫҢ АСТЫҒЫ ОРЫЛДЫ

Ауылшаруашылық саласы үшін шілде айы – астық жинау, мал азығын дайындау, басқа да дақылдарды күтіп-баптаудағы агротехникалық шараларды жүзеге асыру маусымы. Егіншілікпен айналысушылар бидай мен жоңышқа, табиғи шөпке орақ түсірді.

Астықтың шығымдылығы былтырғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда төмендеу. Өткен жылы шілде айының 20-сындағы мәлметте өнім гектарына 20,6 центнерді құраған болса , биыл бұл көрсеткіш астықтың әр гектардан 16,6 центнерден алынғандығын көрсетіп отыр. Барлығы 398266 мың гектар алқаптағы масақты дәнді-дақылдың 40188 гектарының өнімі жиналып, одан алынған астық 66727 тонналы құрады. Бұл астық алқабының 10,1пайызына орақ түсендігін көрсетеді. Еңбекшіқазақ, Ескелді, Қарасай аудандары мен Қапшағай қаласының диқаншылары гектар берекелігін арттыруда. Олар әр гектарға шаққандағы астық шығымдылығын 20 центнерден жоғары алып, ел несібесін арттыруда.

Қыстық мал азығын дайындау барысында 1546,5 мың тонна пішен дайындау керек деген болжам жасалған. Бүгінде соның 668,0 мың тоннасы жиналды.

ШӨБІ ШҮЙГІН

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының экономистері межеден шығу үшін әлі 878,5 тонна пішен дайындау керек екенін айтады. Шөп дайындау барысындағы апта тапсырмасы 164,9 мың тоннадан айналып, болжам артығымен орындалуда. Облысымыздың негізгі пішендік алқабын Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Панфилов, Кербұлақ, Райымбек, Үйғыр аудандары құрайды. Олардың барлығы дерлік алынар өнімнің жартысын шауып, жинап, шөмелелеп алды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

Газет 1918 жылғы мәусымнан шығады ● № 107 (17376) Бейсенбі, 16 қыркүйек, 2010 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Қазақстандық үздік тауар

Қазақстанда кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, кең қанат жаюына ықпал ету, отандық өнімдерді насихаттап, олардың әлемдік сапаға сай болуын қолдау мақсатында Елбасының «Алтын сапа» сыйлығына арналған байқаулар 5 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізілін келеді. Биылдан бастап Президент Жарлығымен«Алтын сапа» сыйлығына арналған байқауларды өңірлерде «Қазақстандық үздік тауар» деген атпен өткізу қолға алынды. Олардың арасындағы жеңімпаздар ғана республикалық «Алтын сапа» байқауына қатыса алады. Осыған орай, І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өңіріміздегі 57 кәсіпорынның қатысуымен өңірлік байқау өтті. Онда көрме ұйымдастырылып, жеңімпаз орындар марапатталды.

Қажет АЙДАС, "Жетісу"

Мәдениет сарайының кіреберісінен орын алған көрме көрген жанды ризашылыққа бөлейді. Оған ірі, шағын және орта бизнеспен шұғылданатын кәсіпорындардың өнімдері жинақталған. Азық-түлік, күнделікті тұтыну бұйымдарынан бастап, құрылыс материалдары және ел сыртқа шығарылатын тауар үлгілері ретімен тізілген. Мұның өзінен-ақ, облысымыздағы кәсіпкерліктің кең өркен жайғанын көруге болады. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі техникалық реттеу және металлургия комитеті төрағасының орынбасары Аманжан Ержанов, облыс әкімінің орынбасары Ансар Мұсаханов бастаған топ көрмені аралап, жақсы бағасын берді. Осыдан кейін Мәдениет сарайының үлкен залында өткен жиынға қатысты. Шараға облыстық басқарма, департамент, «Нұр Отан» ХДП, «Атамекен» одағы, облыстағы екінші деңгейдегі банк өкілдері, аудан, қала әкімдері мен орынбасарлары, кәсіпкерлік бөлімінің басшықтары, жеке кәсіпкерлер қатысты. Жиынды облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов ашып, жүргізіп отырды.

Алдымен көрменің маңызы мен мәніне тоқталған Амандық Ғаббасұлы сөз кезегін баяндамашыға берді.

Негізгі баяндаманы облыс әкімінің орынбасары Ансар Мұсаханов жасады:

– Құрметті, өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлер!

Бүгінгі таңда кәсіпкерлердің бастамашылдығымен атқарылып жатқан істер өңір экономикасының дамуына елеулі үлес қосып келеді. Алдағы жылдың 8 айындағы көрсеткішке негіздесек, облысымыздағы өнеркәсіп орындарында 210 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Бұл өткен жылдың осы мезгілімен салыстырғанда 109 пайызды құрап отыр. Басқа салаларда да осындай жоғары көрсеткіштер бар. Сондай-ақ, осы жылдың 8 айында негізгі капиталға 203 млрд. теңге инвестицияға тартылып, 27 кәсіпорын іске қосылып, 8 кәсіпорын кеңейтілді. Жалпы 1050 адам екі қолға бір жұмыс тапты.

Елбасымыз бәсекеге қабілетті ел елдің қатарына қосылу стратегиясында: «Бірінші басымдық – еліміздің экономикасының дамуына керекті негізгі сатылы өнім шығару», – деп айқындап берген еді. Сондықтан облысымыздағы кәсіпорындар әлемдік сапаға сай өнім шығаруға белсенді жұмыс істеуі керек. Кедендік одаққа мүше болған бүгінгі таңда экономиканы әртараптандыруға жол ашылды. Бұл жағында да сіздердің үлестеріңіз мол болмақ. Сонымен қатар, биылғы жылы облысымызда өнеркәсіптік өндірісті қайта өндеу үлесі 80,2 пайызға жетіп, республикада алдыңғы орында келеді. 2010 – 2014 жылдарға арналған үдемелі индустрияландыру мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде де қыруар жұмыс атқарылуда. Осыған сай республикалық және өңірлік деңгейдегі 18 жобаны жүзеге асыру қолға алынды. Жобалардың іске асыру тұрақты бақылауда.



Суретті түсірген Ас[illegible]

Ұлы Жібек жолы жаңғырады

Еліміздің халықаралық үлкен жобасы атанған Жаңаөзен өңіріндегі Қорғас шығыс қақпасына 15 қыркүйек күні ҚР Премьер-Министрі Кәрім МӘСІМОВ шығып кеткен келді. Үкімет басшысының ресми іссапары осындағы екі ел шекарасы аралығында зәулім жатқан «Қорғас» халықаралық шекаралық дәліздестік орталығының» Қазақстан және ҚХР тарапындағы құрылыс жұмыстарының барысымен танысуға бағытталды.

Мырзағали ШҮРСЕЙІТ, "Жетісу"



Үкімет басшысымен алғашқы жүздесу орталықтың №1 кабинетінде басталып, одан кейін Қарын Қажымқанұлы бастаған үкіметтік қоғаға орталықтың бас кабинетіне келіп тоқтады. Мұнда Үкімет басшысына орталықта атқарылып жатқан істер жөнінде «Қорғас ХШӘО» президенті Ғабдуллакім Жәшбеков баяндап, Қорғас-Жетіген шекпен жолы мен Алматы-Қорғас автожолының құрылысы жайын сала басшылары кеңірек тарқатып таныстырды. Бұдан кейін Үкімет басшысы ҚХР тарапына өтіп, көршілес елдің атқарушы билік өкілдерімен кездесті. Үкімет басшысының Алматы облысына және көрші ел шекарасына жұмыс сапарымен келгендегі басты мақсаты – соңғы бес жылдың ішінде қалыптасқан екі ел арасындағы әріптестік орталықтың 2012 жылға белгіленген алғашқы кезеңінде атқарылатын істерді бағамдау.

Оқиғалардың мәнісіне түсінікті болуы үшін атамыз орталық туралы мәлімет берсек, «Қорғас» халықаралық шекаралық әріптестік орталығының» құрылысы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы басшыларының бастамасымен бірлесіп жасалған ірі жоба болып табылады. Қытай елімен сауданы жеңілдетуге бағытталған, ең бастысы, Батыс Еуропа – Батыс Қытай трансконтиненталдық жол жобасын жүзеге асыруға көмектесетін екі мемлекеттің де тәсімді әлеуетін дамытуға арналған.

Бүгінде бұл орталық әлемде теңдесі жоқ және құны жағынан жаңа жоба болып табылады. Оң өндірістік, көліктік салаға капитал жұмсауға, кәсіпкерлікті қолдауға, сондай-ақ, туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік беретін ерекше құқықтық режим орнатылған. Орталық аумағында 5 жыл мерзімге кедендік баж салығы, қосылған құн салығы және акциз салығынан босатылған. Сондай-ақ, орталық аумағында 10 жыл мерзімге табыс салығы мен мүлік салығынан босатылған. Орталық аумағында 5 жыл мерзімге жер салығы мен жер пайдаланғаны үшін төлемақы алынбайды

◈ 1 Қазан – Халықаралық карттар күні

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Сонау жылдары елімізде әр мерекеден бұрын отпалы, тақпалы өлеңдер көп болатын. Соның бірі – Картер күні де көпшілік қауымға ұнамды, әзіл-қалжыңдары жарасымды болатын. Бұлардың мерекелік карнавалын Талдықорған қаласының тұрғындарына ұйымдастыруға мүмкіндік туғызған ірі кәсіпорындардың бірі – Талдықорған қағаз комбинаты ерекше қуанышқа бөленді. Ондағы ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өткен мерекелік шараға комбинаттың 1-10 қазан аралығында зейнеткерлікке шыққан 300-ге жуық ардагері қатысты. Оларды қабылдау бастығы Зейнеп Қалбаеваның айтуынша, кәртер және мерекелер күніне орай 1-10 қазан аралығында көптеген мәдени шаралар ұйымдастырылған. Оның ішінде – мұғалімдер мен дәрігерлерге арналған концерттер, спорттық ойындар, ұлттық ойындар, ақындар айтысы, ән-күй кештері, т.б. Ал мерекенің ең соңғы күні ардагерлер үшін ерекше ұйымдастырылған қызықты ойындар мен сайыстар өтіп, ең белсенді қатысушылар мен жеңімпаздарға сыйлықтар табыс етілді.



Бүгінде Алматы облысы бойынша 1876-ға жуық мүгедек тіркеулі тұрса, оның 25-і 16 жасқа дейін, 75-і 16 мен 18 жас аралығындағылар. Мемлекет назарынан тыс қалмай тұрған жандылар мен мекемелер ағаштан мүмкіндігі шектеулі жандарға ескерткіш жандарын Елбасымыз айтар алғысы да шексіз.

Талдықорған қаласындағы Қазақ әнәшар көркемдік 1949 жылдан бері жұмыс істеуде. Қазіргі күнде 160-қа жуық адам тұрақты тұрса, олардың арасындағы тұрғысы нашар деген жандарға қалалық әкімшілік мерекелік тарту жасады. Оқушылар арасында картар мен мүгедек жандарға бағынған ашық бөлініп, қосалқы көрсетілімге бөлім оқушыларынан бала тәрбиесі мен адамның ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетуі, әлеуметтік жұмыстарына бойынша – өлең, ән және жұмыстарға – 859, әлеуметтік мәселелер жылтыштың жөнінде жұмысына – 1536, әлеуметтік мәселе мысалдар – 466 жоба бар. Бірінші кәрігіне дейінгі арақашықтағы көңілді жұмыстарды 1843 жоба бойынша нәтиже пайызға шамалағаны орта есептік көрсеткіш 52 пайызды құрайды. Бұл жөнінде жұмыстарына 133,8 мың. теңге бөлінеді, оның 111,9 мың. теңгесі игеріледі. Оның 76 мың. теңгесі республикалық, ал 36 мың. теңгесі жергілікті бюджеттерден бөлінген. Тағы бір айта кетерлік мәселе, «Жол картасы» бағдарламасы аясындағы шаһан жүректен құттықтайымын. Оқушылардың шақырық, денсаулық тілейміз!» – деген ойлы ала өз сөзінде "Мұңлатой" шағын ауданындағы тұрып жатқан қарттарға қамқорлық шараларын су жаңғыны, мұқалық болса, басемдыны тәрбиелеп осы кеш қолда танытып, көңіл көтеріңіз деген ойымен де бөлісті. Ағынан жарылған ақ жаңа сәл басылып жадырап сәлем берген жандарға ілгері деген ойдамыз.

Сәрби ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

◈ Селекторлық кеңес

«ЖОЛ КАРТАСЫ»

қалай жүзеге асуда?

ҚР вице-премьері Ерболат Орынбаевтың төрағалық етуімен өткен Үкіметтің кезекті селекторлық отырысында қаралған негізгі мәселе «Жол картасы» бағдарламасына қатысты болды. Осы тұста ең алғаш ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары «Жол картасы» бағдарламасы аясындағы атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Сәрби ӘЙТЕНОВА,
"Жетісу"

2010 жылдың «Жол картасына» кіргізу жұмысы да аяқталуға таяп. Аталған бағдарлама аясында елімізді жұмыссыздар қатары азайды. Алғашқы жыл басынан бері жұмыспен қамтылған саны 533 мың адамды құрап, оның айлық беріп отыр дейін бұл көрсеткіш 607 мыңға дейін тиемізді.

2010 жылы «Жол картасы» бойынша 3327 жоба қаптырып, соның ішінде тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бойынша – 666, жол жөндеу жұмыстары – 859, әлеуметтік маңыздағы жобалар – 1536, әлеуметтік мәселе мысалдар – 466 жоба бар. Бірінші кәрігіне дейінгі аралықтағы көңілді жұмыстарды 1843 жоба бойынша нәтиже пайызға шамалағаны орта есептік көрсеткіш 52 пайызды құрайды. Бұл жөнінде жұмыстарына 133,8 мың. теңге бөлінеді, оның 111,9 мың. теңгесі игеріледі. Оның 76 мың. теңгесі республикалық, ал 36 мың. теңгесі жергілікті бюджеттерден бөлінген. Тағы бір айта кетерлік мәселе, «Жол картасы» бағдарламасы аясындағы жұмыс орындарын құруға ағымдағы жылы 130 мың жұмыс орнын алу көзделіп отыр болса, соның 127-сі игерілетін болды. Бұл – 98 пайызды құрап отыр. Ашылған жұмыс орындарының 179 мыңнан астамы орналасқан. Жұмыссыз ретінде қаралмандардың 70 пайызы жұмыспен қамту басқармасының ұйымдастыруымен алынған.

«Жол картасы» бағдарламасы мобасындағы орнына сәбилерге көрсетілуі елімізде 35 мың теңге болса, орташа есептегі шығындардың жоғарғы көрсеткішін Алматы (52 мың теңге) және Астана (39,5 мың теңге) қалалары құрап отыр, – деген ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің өкілі «Әлеуметтік жұмыс орындары» мен «Жастар тәжірибесін» бағдарламаларын жүзеге асырудағы атқарылған жұмыстар барысына да тоқталды. Сондай-ақ, «Жол картасы» аясында атқарылған жұмыстардың сапалы болуын қадағалау, бағалған нарықты дұрыс игеру және осы бағдарлама аясындағы жұмыстарды бұрынғы ағадан құралдамаларды кешіне жоғалту шараларды да баса айтты.

Мұнан кейін «Жол картасы» бойынша төмен көрсеткішпен айналысқан басшылардың есебін тыңдалды. Селекторлық кеңесте вице-премьер Ерболат Тұрғанбаұлы қорытындылады. Ол сөзінде ең «Жол картасы» бағдарламасының бағалы жалпы халық ақпаратқа ие. сәтті де дұрысты пікірлерін, сөзі оның бір жағын өзіндік көңіл сыйлағы айтты.

«Жол картасы» аясында Алматы облысында өткарылған жаңадан жұмыстар жүргізіліп, – деді облыс әкімінің орынбасары Болат Тәжібаев. Бүгінгі күнге дейін 14 мың жұмыс орны ашылып, 4500 адам қайта даярлаудан өтті. Әлеуметтік жұмыс орындары да көбейіпті. Бір сөзбен айтқанда, Алматы облысы барлық көрсеткіш бойынша алдыңғы қатарда тұр. «Жол картасы» аясында Алматы облысында игерілуі тиіс 13,6 млрд. теңгенің 12,7 млрд. теңгесі коммуналдық бағатта, 384 млн. теңгесі әлеуметтік жұмыс орындарын құру және жастар тәжірибесі бағаттары бойынша, 562,5 млн. теңгесі қалпына келтіруге тиіс деп белгіленген. Облыс бойынша барлығы 230 жоба қолға алынған. 24 қыркүйекке дейінгі мәлімет бойынша 166-сы жүзеге асқан, ал қалған 185 нысан айдың аяғына дейін аяқталатын өтеді. Сөз соңында Болат Тәжібаев қарамағат тәсілі жөніне жұмыстарды бұрынғы ағадан құралдамаларды кешіне жоғалту шараларды да баса айтты.

◈ Кәсіпқойлық ауқымында

Салықтық есептіліктің жаңа тәртібі

Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына жүзеге асыру мәселелері енгізілгелі бері, ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, Республикалық мүлік комиссиясы кәсіпкерлерге ең төменгі жалақының (ЕТЖ) көлемінің өзгеруіне байланысты мәселелерді қарастыруға құқық берілгені белгілі болды.

Бұл дегеніміз, енді тұрғындарға салық бөлінуінің, бірінші кезекте, төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл жаңалық бұрын қолданыста болған ережелерге өзгеріс енгізіп отыр. Ендігі кезекте, ЕТЖ-ның көлемі бюджет туралы заңда белгіленеді. Ал, бұрын ол Республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін.

Мұндай жаңалықтың республикалық бюджетке қатысты ережелерге түрлі бір өзгерістер енгізілгенін білдіреді. Бұл өзгерістер, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне қатысты. Ал, Бюджет кодексіне сәйкес, ЕТЖ-ның көлемі, ең алдымен, Республикалық бюджет туралы заңда белгіленеді.

Бұл өзгерістер, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне қатысты. Ал, Бюджет кодексіне сәйкес, ЕТЖ-ның көлемі, ең алдымен, Республикалық бюджет туралы заңда белгіленеді.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

ЕЛ ТІРШІЛІГІ ҚУАНТТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Осы күні тәуелсіз Үкіметтің жоғары лауазымды қызметкері мәлімдеді. Жаңалық өзгеріс пен ерлік, ғұлама жандардың ғажайып ғұмыр кешкен ғасырлық мерейтойлық мерекелерімен қатар, Елбасы Қазақстан тәуелсіздігін талдап, ел тәуелсіздігін алдағы он жылдың бейнеті дәуірі болған бұл құжаттың маңызын тұжырымдап жаңа жаңалықтар жолға жетелеуі жылдың 4 шарығында осы жаңалықтар күздесуде мәлім вариантттар берген сауал-ғалымдарға жүзге асыпын жауабын ағытты.

Аталмыш тың жетістікті ситуарымын сөзінде «Қоғамға» халықаралық ақпараттық орталығы құрылысының барысымен танысып, орталық басшыларымен сұхбаттасты.

* * *

Жұма күні Қазақстан Республикасының экономикалық даму және сауда министрі Жанар Айтжанова қамын Қапшағай өңірдегі «Арна» өндіріс аймағына орналасқан «Кинф пэкс Капшагай» ірілі кәсіпорнында болып, өндіріс барысымен жаңа жаңалықтарды танысты.

Мұндағы жетістіктер туралы кәсіпорынның бас директоры, Алматы облысының Құрметті азаматы Александр Ефименко министрге мәлімдейтін бастаған түсіндірді.

Министр тағы бұдан кейін Арна аймағына сондау Кемер Шығыстан тәжірибелер арқылы тағалымдық іссапарға шығып, «Кинф Пэкс Капшагай» ЖШС-ге жалпы бағдарламаны бастап, өндірісті жолға қойған «Гранд Алатау» ЖШС-де болып үндістерден бірнеше сәлемін жеткізіп, «Мұнаймен» шағын аудандағы тұрып жатқан қатысқан сәлемдерін сұхбаттасқан ардагерлер бөлімдерін мұқтаж құрылымы ардагерлер. Кешкісін қазақшыл «Жол картасы» мекемелерін бағдарламасына орай салынып бұнда пайдалануға берілген Мәдениет үйінің 250 адам ерін сиятын шағын зал басымдығы депутаттар мен сәбиек ардагерлер, барлық мекемелер мен кәсіпорын дарын, бюджетте сызаның бөлінуі, шағын және орта бизнес ерлері, халықаты қоғамдық өкілдік бөлімдерінің жолдарын ашуға мүмкіндік Жанар Айтжанова республикалық бүкіл-тіршілігі туралы әңгімелер, инвестициялар тарту жұмысында еңбегі қосқандарға ағын жайлары.

Кездесуде облыс әкімінің орынбасары Болат Тәжібаев өз саласына қатысты көптеп толғаған мәселелер туралы түсіндірін өтіп, қойылған сұрақтарға жауап қайтарды.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

◈ Халыққа қызмет

Жаңа нысан ашылды

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының көптен ашылуы құжат реттеуде үлкен-кішер кезектен әбден мәлі болатын тұрғындардың ризашылығына бөленуде. Тағуда Қоратал шағын ауданында тағы бір нысан жұрт игілігіне берілді.



Кәшет АҢДАС,
"Жетісу"

«Қоратал» шағын ауданы 6 «а» үйдің жертөлесіне орналасқан жалпы ауданы 157,5 шаршы метр құрайтын қызмет көрсету орталығында 9 құжат қабылдау 2 дайын құжатты тапсыру және 1 кеңес беру терезесі жұмыс жасайды. Ондағы 25 маман 45 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Сонымен қатар коммуналдық төлемдер жасау үшін «Казпочта» кассасы да іске қосылған. Жаңа орталық Ерен ауылдық округі «Қоратал», «Шығыс» ауылдарының тұрғындарының қажетін шешеді деп күтілуде.

Нысанның ашылу салтанатына қатысқан қызмет көрсету орталығы және қала әкімдігінің қызметкерлері, «Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалы мен облыстық, ақсақалдар кеңесінің өкілдері, қала тұрғындары қатысып, игілікті іске қолдау танытты. Шара барысында қала әкімінің орынбасары Мерлен Келбаев, облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ергүбек Дәлбағаев, Алматы облысы әкімдігі халыққа қызмет көрсету орталығының директоры Нұрлан Сыдықов қонақтарға құттықтап, сөз сөйледі. Орталық директорының айтуынша, ағымдағы жылдың өзінде облыс аумағында 10 орталық пайдалануға берілген. Алдағы уақытта «Самал» шағын ауданында тағы бір нысан бой көтереді. Осыдан кейін нысанның лентасы қиылып, жиналғандар орталықты аралап көрді.

Мұндай жақсылықтар облыс әкімі Сәрсен Үмбетовтің қолдауымен жүзеге асып жатқанын айта кетсек жөн. Осы ретте, заман талабына сай жобаның талған орталықтың санағы адамның қажетін шешіп, ел экономикасының есегенуіне қозғау болары анық.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Алматы облыстық мәслихаты мәслихат аппаратының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Әдеп кодексін орындамаған фактілері туралы әрбір облыс тұрғынының **8 7282 27-19-04** сенім телефоны арқылы хабарласу мүмкіндігі барын жариялайды.



◈ Жайдарман жаңалық

ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ



Спортшыларымыз жаңіс тұғырына көтеріліп, абыройымызды бүкіл әлемге асқақтатқан кезде көпшіліктен ең алдымен сүйінші сұрайтын БАҚ өкілдері екендігі белгілі. Қауырт жұмыстан қолдары қалт ете қалған сәтте олардың өздері де спортпен айналысып, бой сергіткенді жөн көреміз. Осы сәзіміздің жарқын айғағындай жақында Талдықорған қаласындағы №25 орта мектептің «Жасыл ел» штабының ұйымдастыруымен БАҚ өкілдері мен жастар ұйымдары арасында волейболдан жарыс болып өтті.

Аталмыш сынға қабамыздағы барлық бұқаралық ақпарат құралдары мен жастар ұйымдарының командалары қатысты. Қазірдің өзінде дәстүрге айналып бастаған бәсеке өте тартысты өтті. Жылдан жылға ауқымы кеңейіп келе жатқан жарыс жанкүйерлерден дәлебесін бір қозғарып тастады.

Бірінші ойында «Жетісу» газетінің командасы мен «Жетісу жастары» командасы шеберлік байқасты. Қос команда да намысты қолдан бермеуге тырысты. Бәтсе де, шебер ойын өрнеген жарсеткен «Жетісу» газетінің командасы 2:0 есебімен жеңуске жетті. Осылайша бір қадам алға жылжыған басылым өкілдері кезекті ойында «Жасыл ел» командасымен өтеді. Бұл кездесу де өте шиеленісті өтті. Қос команда да үзеңгі дайындықпен келгендерін байқатты. Бірден шабуылға шығып, қарқынды бірден бірге үдете түскен Ағзам Нұрсұлтанұлы, Нартай Шынырбаев және Нұрбол Қалиахметов сынды «жетісулық» волейболшылар 2:1 есебімен жарыс қорытындарын тое бүктірді.

Қорытындарына ең ұлай салған «жетісулықтар» әсіпі, сында зал кілемдеріне шеберлік байқасты. №25 орта мектеп мұғалімдерінен құралған команда оңай шаңылатын жаңғақ болмады. Ойын өте қызу өтті. Жарыстың бірінші кезеңі ұстаздардың пайдасына шешілді. Екінші таймда шабуылдан Нұрлан Өтенбаев пен Дастан Өмірзаков жасындай жарқылдады. Әрлестеріне дәп пас шығарып тұрған Қуат Ақылбековтің шеберлігіне жанкүйерлер таңғалды. Тек ерлестен өткен ойынның екінші белгінде «жетісулықтар» тәразы басын теңестірді. Ал ұшінші кезеңде қос команда да жан алып, жан берісті. Ақыры 2:1 есебімен «Жетісу» газетінің командасы жарыстың жеңімпазы атанды. Мұғалімдер командасынан кейін сатыға орналасқан жарыс қожайындары ұшінші орынды қанағат тұтты.

Өмір САНА

◈ Көкөніс керуені

АСТАНАҒА АТТАНДЫ



Өткен дейсенбі күні облыс әкімі Сәрсен Үмбетовтің қолдауымен облыстың және қалалардың ерлестік қатынастығын нығайту мақсатында жер өңдеудің өндірушілерінен бірге ұйымдастырылған автокөруен облыстың батысындағы Іле ауданының Күрті селосын, округі аумағына ұйымдастырылды.

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ,
"Жетісу"

Ондағы мақсат Жетісу өңірінің байтақ даласында Жер-ананың нәрін сіміп, өнімін алып келіп облысымыздың 16 ауданы мен 3 қаласының көпес тап шамадан автокөруенді бір күнге шығарғандығын, алыс жолға дәтіметін ағайынға ең жақ түнеу болатын.

Таңғы сағат 10-ға жетпей ай, белгіленген жүріс ағыстағы Алакөл Райымбек Балқаш аудандарының көпесі тағеген автокөліктер де келіп жатты. Сәл ғана сағбырсығын сәтте Күртінің көлбеуасфальт жолдағы көш-қауған басында облыс әкімінің орынбасары Тұяқбай Досымбеков қысқа ғана ғана әңгіме сағдын:

– Бұл автокөруен бүгін ғана ұйымастырылып отырған жоқ, – деді ол. – Жақында, сонау көктемде, әсіресе, жаңа тәсілдерін ағайынға ең жақ түнеу болатын. Сол кезде

◈Облыстық әкімдікте

БАЛҚАШ - АЛАКӨЛ бассейні кеңесі

Облыстық әкімшіліктің кіші жиналыс залында Балхаш–Алакөл бассейндік кеңесінің II-ші мәжілісі өтті. Оның бірінші жыл бұрын бірінші Уәлихан Уәйсовтың қаржылай қолдауымен жұмыс бастығын қоныс бүгінгі тақта Уейнет терапиясы кешегі таяқша маңызды шаруға айналды. Жыл өткен сайын қатары толығып, жұмыс ауқымы да кеңге түсті. Осы ретте, өткен бассейндегі су шаруашылығының жағдайы туралы ақпараттық талқы жасалып, облыст әкімдігі, ШЖҚ «Жетісу Су құбары» КММҚ, Балқаш - Алакөл бассейні инспекцияларының қатысушылары шет қайсысын төрт бассейндік кеңістің бойынша өткізілген жұмыс реті талқыланды.



Сұрақтарға жауап беруде

Кәжет АНДАС,
"Жетісу"

Мәжілісті ашқан 35 мүшесі бар Бассейндік кеңестің құрамын толықтырумен басталды. Енді кезекті жұмысына Асырбай Әлсейіт» (сүретте сол жақта) тарқатылып өтсе, бірнеше мәжілістің жұмысқа тартылды. Жерасиядағы жиналысқа жалғасқан жиынды жаңа терапа ашып, әлеуметтік сөз кезегін облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбековке берді (сол жақта).

– Құрметті мекен мүшелері!

Бұл кездесудің берекеті мол деп ойлаймын. Өйткені облысымыз суармалы жер көлемі жағынан республикада алдыңғы орында тұрғаны өмір. Өңірімізді өзен шаруашылығының шұғылдануын жердің 70 пайызы суармалы алады. Облысымызда 281 су қоймасы мен тоспа бар. Оның төртеуі республикалық маңызды нысан болып табылады. Сонын бір – Қапшағай су қоймасына бөлінуі жылдың ішінде 18 млрд. 150 млн. куб. су жинақталған. Өзге мақсатқа су қоймаларында да жақсы көрсеткіштер бар. Десе де, бұл бәге су шаруашылығын реттеуді мақтан қолға алу керектігін міндеттейді. Осы мақсатқа кеңе жіті назар аудартқан облыс әкімінің бастамасымен шеттеген жұмыстар атқарылып жатыр. Алайда осыншама нысанның қорғалуы мен оңдеуы басқаруды бір жүйеге келтіру тағы да қарастыруды мәселесін түйіндесек, өңірімізді су шаруашылығын қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін қомақты қаржы қажет. Жасырғымыз жоқ, бұл сомаңы облыс бюджеті толықтай өтей алмайды. Сондықтан осы нысандарды мемлекет меншігіне өткізу шарасы қарастырылуда. Бұл орайда кәп қиындықтың күтіп тұрғанын жоққа шығармаймын. Десе де, ол уақытша табады. Ендігі бір толғағы мәселе – су объектілерін мен өзен-көлдердің тазалығын сақтау, қорғалған ортаны қорғауды қолға алу. Өйткені, бұл бағытта жобасын жасайтын қимылдасақ, түйінді тереңнің. Сондықтан су шаруашылығына қатысты барлық сала бірлесе отырып жұмыс жасау керек. Бүгінгі кеңістің мәдеген мақсаты да осы. – деді.

Облыс әкімі орынбасарының сөзін кеңестен Су комиссиясы халықаралық комитетінің қазақстандық филиалы тыныбаевтың, өңтілмаңның директоры Нарман Қыпшақпаев бірінен Үлгілер ұйымы Дәулетбаев Даму бағдарламасының Қазақстандағы ұлттық жобасының менеджері Анар Имангазықызы өз ойларымен ортақтасты.

Кезекті кезекте Балқаш – Алакөл бассейндік инспекциясы бастығының орынбасары Сержолла Мұқашев, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС бас энергетигінің орынбасары Валерий Шмалин баяндама жасап, кеңістер бойынша атқарылған жұмыстар ретімен таныстырды. Бұдан соң, қатысты сала басшыларының су шаруашылығы барысында орын алған жайсыздықтар мен оны шешудің жолдары жайындағы сарапталарды тыңдалып, сұрақ-жауаптар жүргізілді. Сондай-ақ, кеңістің алдағы уақыттағы жұмыс жоспары талқыланып, жасының шешім қабылданды.

Орынбасар бағдарламалар мен сала мамандарының сөзіне жүгінсек, тыңғылықты жұмыстардың атқарылғанын аңғаруға болады. Алайда су шаруашылығы тәңірегіндегі мәселе мұнымен бітпесі анық. Жиында қарастырылған Тынышбай Досымбековтың мәселенің орнын толтырып, мәжілісті қорытындылаған өз ойларымен ортақтасты.

Келесі кезекте Балқаш – Алакөл бассейндік инспекциясы бастығының орынбасары Сержолла Мұқашев, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС бас энергетигінің орынбасары Валерий Шмалин баяндама жасап, кеңістер бойынша атқарылған жұмыстар ретімен таныстырды. Бұдан соң, қатысты сала басшыларының су шаруашылығы барысында орын алған жайсыздықтар мен оны шешудің жолдары жайындағы сарапталарды тыңдалып, сұрақ-жауаптар жүргізілді. Сондай-ақ, кеңістің алдағы уақыттағы жұмыс жоспары талқыланып, жасының шешім қабылданды.

Орынбасар бағдарламалар мен сала мамандарының сөзіне жүгінсек, тыңғылықты жұмыстардың атқарылғанын аңғаруға болады. Алайда су шаруашылығы тәңірегіндегі мәселе мұнымен бітпесі анық. Жиында қарастырылған Тынышбай Досымбековтың мәселенің орнын толтырып, мәжілісті қорытындылаған өз ойларымен ортақтасты.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, барлық мемлекеттік органдармен олардағы лауазымдық адамдар өз құзыреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік биік органдарында қауіпті. Мұндай жағдайда ол биліктің монополиясына мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау әлеуетінің күшейтуді және қатал қоғамдық есеп берушілікті көрсетеді.

Ар-намыс кодексі талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінде заңнама талабына сай қадамдар жасалынып турады.

Жұмыс барысында құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында табиғи монополиялар субъектілерінің реттелінетін қызметтері – тарифтерін қарауда және бекітуде міндетті түрде жариялық пен айқындылық қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта БАҚ өкілдерінің қатыстырумен, тарифтердің және нормативтік техникалық ысырыптардың жобаларын талқылау жиындері ашық, тыңдаулар өткізіледі.

Тұтынушылар және олардың қызметіне қызығушылық танытқан басқа тұлғалар алдында жыл сайынғы есеп беруді жүргізу "Табиғи монополиялар және реттелінетін нарықтар туралы" Заң талаптарының орындалуын бақылауды департаменттен жүзеге асыру табиғи монополистердің жұмысы туралы түрғындарды ақпараттандырудың және айқындылықты қамтамасыз етудің бір үлгісі болып табылады.

ОБЛЫСТЫҚ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ ДЕПАРТАМЕНТІ.

◈Рейд

Сұрықсыз тірлік кешкен

жеткіншектер ертеңі алаңдатады

Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы заң бұзушылық жиілеп барады. Осындай келеңсіздіктің алдын алу мақсатында Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті тындырымды жұмыстар атқаруда. Бірақ, мұнымен мәселе түбегейлі шешімін тапты деуден аулақпыз. Балалар құқығының әлі де сақталмай жатқандығын халқы тығыз қалалы жерден, шашырай орналасқан шалғай елді мекендерден де кездестіруге болады.

Осы ретте, Текелі қалалық ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы Батыр Төленұлының мәліметіне жүгінсек, құзырлы мекемеде 34 сәтсіз отбасы тіркеуде тұр. Екі отбасы кепеден атана құқығынан айыру мәселесі сотқа жолданған. Тәрбиелеудің нәтижесінде дұрыс жолға бет бұрғандар болғанымен шамдыкке салынып, тіріктен түңілгендер, баласына пана болуды естен шығарғандар да жеткілік. Тіпті, кейбір балғындардың тағдыры ата-аналарын толғандырмайды. Бұған аталған департамент директорының орынбасары Самғат Долаевтің қатысуымен Текелі қаласында өткен рейд барысында көз жеткіздік.

Біз ең алдымен Қазақстан көшесі, 22-үй, 37 пәтерге бас сұқтық. Күйеуі қайтыс болған Наталья Ирифеева масаңдау қарсы алды. Бұл үйде Данил Ирифеев атты тоғыз жасар бала тұрады. Сыртқа қарағанда сөулетті үйдің 5-ші қабатындағы бір бөлмелі пәтердің сұрықсыз кейіп көрінген байқайсыз. Айқалы-ашқалы шашылып жатқан санаулы үй жиһазының жаңалығына бірталай уақыт өткен. Кәнелеу үстел мен әжетсіз бүлінген орындықтарға да әдемілеп жайылған отыра алмайтыны анық. Үстел үстіндегі кір басқан ыдыс-аяқтарда тамақтың жұғыны да болмай шықты. Ал 4-сыныпта оқитын Данил бір жетіден бері мектепке бармапты. Мектеп инспекторы оны бір-екі рет ғана көзген қақылбас балалардың арасынан тауып мектепке тапсырса да ұялып кетіпті кәрінеді. Біз барғанда ол үйде болмай шықты.

«Білмеймін, достарымен ойнап жүрген болар», – деген анасының ойынан аландаушы, жабырқаулық бейнесі білінбейді. Осыған қарап-ақ, мұндай жағдайдың әдетке айналғанын аңғарасың. Әрине, қарны тоймаған баланың қандай ортада жүргенін айдау қиын емес. Бала жасынан қылмысқа ептілікті үйренген оның қоғамға келтірер зиянын есептей берміз.

Ал. Каринская көшесі, 18- үй, 25 пәтерде тұратын 9 жасар Ангелина Иванованың жағдайы басқаша. Ол арақұмға берілген шешесін күтуден тәлай тауқы үйқысы атырғанын ұмыта алмайды. Басқа жанашыры жоқ болған соң көше кезіп анасын іздеумен уақыт жоғалтады. Соның кесірінен мектепке де бара алмайды. Біз барғанда көзі бозарған Ангелина қатқан нанды талқалау етіп, кәрлеге орамал дәрбелтен отыр екен. Тіпті шешесін тауып берүін өтініп жалтенеді. Бұғанасы қатпаған қызға жаныма алып, анасына іздеу салсақ та табалдық. Құқық қорғаушылардың айтуынша, Марина Николаева аталған жағалып табылады екен. Енді оның ен сотқа жолдап, ата-ана құқығынан айыру мәселесі қаралып жатқан кәрінеді.

Келесі кезекте Әуезов көшесі, 32-үй, 13 пәтерге кіргенімізде үш үрпақ өкілдерінің әдепсіз бір бөлмеде тіршілік кешіп жатқанын кердік. Ата-енесі мен үш баланың бірлық қаметтшісі Наталья Гитапованың жайына жүктелген. Алдай бөлмеде түрегеп тұрып тамақ ішіп, әйнексіз жата кетуді әдетке айналдырған Дмитрий, Артем, Диана атты үш баланы мектепке дайындауға азаннан жұмысқа аттанып, кеш батқанда үйге оралатын ата-енелерінің уақыты жоқ. Сондықтан олар сабақтан жиі қалға береді. Қалға берген соң қателікке жиі бой алдыратыны да анық.

Осыдан кейін де бірнеше отбасын аралап, кәпіл құпаытар көрністерге куә болдық. Әрине, қоғам болғанкен кейін мұндай істердің орын алатынын жасыра алмаймыз. Десе де, бұған бола қоғамды қінауға да болмас. Бергіп қарасақ, осы отбасы балаларын оқу құралдары, киім-кешкен сияқты материалдық көмектен кенде емес. Ата-аналары да бала асырауға қатысты тағайындалатын алтуметтік көмектерден кәлтіктен отыр. Тек бала тәрбиесіне ғана немқұрайды қарайтын отбасы жауапкершілікті бір мәселенің түйіні болып тұр.

«Қаш жүре көпе түседі» демекші, бұл бағытта қоғалты жұмыс атқарылуда. Өткенде Парламент қабырғасында қатерлен «Балаңар құқығын қорғау туралы» Заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар көп мәселенің түйінін тарқатары анық. Ал осы жолғы рейдте көрген жайлар құзырлы органдарда қатерлік, өз нәтижесін көрсетеді деген ойдамыз.

Қажет ШАҚЛИН.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.

НАН БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ БОЛАДЫ



Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Облыстық әкімдіктің кіші жиналысында Алматы облысы зейнің орынбасары Тынышбай Досымбековтың төрағалық етуімен жиын өтті.

Оған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Бағдат Әлиев, осы басқармадағы қайта өңдеу бөлімінің бастығы Сейілхан Нұрашев, «Атық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ-ның өңтүстік аймақтық өкілдігінің басшысы Нұрлан Мұртағалиев, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасары Мұрат Андабаев, «Қазаромаркетинг» АҚ-ның облыстық филиалының директоры Оразбай Бекенов, «Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалының директоры Қайрат Малдыбаев, «аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалының директоры Жансерік Мәлікөв, шроннеркәсіп кешені департаментінің директоры Аскар Сабденов, «Жетісу нан» тұрақтандыру астық қоры» МКК директоры Серікқазы Рахжанов, «AGRO-FOOD» ЖШС-і директоры Самат Надирбаев және аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Жиынның мақсаты – «Атық-түлік келісімшарт корпорациясы «Ұлттық компаниясы» – акционерлік қоғамынан сатып алынған бидайдан өндірілген ұнмен облыстағы нәубайханаларды қамтамасыз ету болды.

Отырыста қаралған бірінші мәселе – ұнның тұрақты бағамен мақсатты пайдаланылуын қадағалауды ұйымдастырылған жұмыстың тобының басшылары мен мүшелерін бекітуге арналды. Сондай-ақ, облыстағы нәубайханаларды ұнмен қамтамасыз ету және әр айға кажетті көлемін бөлу мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Сонымен қатар «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның берген қаржысының қайтарылымы жөнінде эңгіме қозғалды. «Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалының директоры Қайрат Малдыбаев пен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалының директоры Жансерік Мәліковтің айтуларына қарағанда, несие алушылардың қатары көп болғанымен қарыздың уақытылы қайтарылмауының кездесетіні рас. Сарқан, Ескелді, Жамбыл, Ақсу, Алакөл, Іле, Кербұлақ, Райымбек сынды аудандарда мұндай кемшілік өте жиі кездеседі.

Жиын соңында Тынышбай Досымбеков мұндай мәселелердің алдағы күндері назарда болатындығын ескертті.

◈Жоғары оқу орнында

ЕКІ ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл қазақстандық жоғары оқу орындары алдына әр азаматтың алған білімі мен біліктілігі әлемнің кез келген еліңде сұранысқа ие болуын міндет етіп қойды, Қойылған міндетті шешу бойынша елімізде екі дипломды білім беру жүйесі енгізіліп отыр.

– ҚР «Білім туралы» Заңы жоғары оқу орындары шетелдік университеттермен бірлесе қосдипломды білім бағдарламасын жүзеге асырып және бітірушілерге шетелдік үлгіге сай дипломын қосымшасын беруге, халықаралық сөбек нарығының талаптарына сәйкес, олардың жұмысқа қабылдануына кепілдік жасауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан Болон процесіне қосылғаннан бері қосдипломдық білім беру жүйесі қолға алынып, шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтаса жұмыс жасау белсенділігі арта түсті. Халықаралық байланысты нығайта түсу арқылы университет шетелдік озық тәжірибелерді меңгеріп, білім беру үдерістін жаңсартуға көп көңіл бөледі. Ғ.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті бірақтар жақын және алыс шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық байланыс орнатқан. Әр жыл сайын ЖМУ студенттері халықаралық ынтымақтастық негізіндегі Корей Агенттігінің ұйымдастырумен халықаралық білім конкурстарына қатысып, Сувон қаласындағы Аджу университетінің тілге қатысты іс-тәжірибеден өту гранттың жеңіп алуда. Педагогика және психология кафедрасы Санкт-Петербург мемлекеттік университетімен іскерлік байланыстарын дамытып, магистранттарымыз үстімдегі жылдың ақпан айында Санкт-Петербург мемлекеттік психология және әлеуметтік жұмыс институтында тылыми машықтаудан өтті. Бізнес технологиялық институты (Швеция) жанындағы AEGA халықаралық жеріту орталығымен келісімшарт жасалынды. Мұнда ЖМУ студенттерінің «математика» мамандығы бойынша іс-тәжірибеден өтуі жоспарланды.

Оңтүстік Кореяның Хансуат университетімен екі жақты келісім жасалды. Ынтымақтастық келісім-шартында студенттер, оқытушылар мен басшылық мүшелері алмасып, тәжірибе бөлісу көзделген. Ағылшын кафедрасы Әдем Қорғасымен, АҚШ және Ұлыбританияның елшіліктімен, Британ Кеңесімен, Корей халықаралық ынтымақтастық жөніндегі агенттігімен және Корей Республикасы елшілігі жанындағы Білім беру орталығымен тығыз байланыстар жүргізуде. Деннисов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен де серіктестік келісім жасалды. Бюлғы жылдың 27 қыркүйегінде Ғ.Жансүгіров атындағы ЖМУ мен Батыс Англия университеті арасында меморандумға қол қойылды. Батыс Англия университетінің халықаралық дамуды үйлестіруші Алекс Грин мен университет ректоры Абдолманап Бектұғанов қол қойған бұл құжатта докторантура, магистратура, бакалавриаттың биология, экология, туризм, шет тілі мамандықтары бойынша екі дипломдық білім беру бағдарламасын іске асыру көзделген. Келісім-шарт бойынша білім алушылар екі жыл оқу университетінде оқығаннан кейін дипломдық жұмысын қорғауға Англияның университетіне жолдама алады.

Баян ШАЯНБАЕВА,
Ғ.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің басшысы қатысы.

◈Тазалық айлығы

Алматы облысы әкімдігінің "Облыс аумағында көктемгі, күзгі санитарлық тазарту, көгалдандыру-көркейту және абаттандыру айлықтарын өткізу туралы" қаулысына сәйкес тиісті шаралар белгіленіп, оны орындауға барша жұртшылық жұмылдырылған.

ЕСКЕРТУ БЕРІЛДІ

Банқы ЗӘКІРОВ,
"Жетісу"

Еңбекшіқазақ ауданындағы 25 селолық округ пен Есік қаласында 15 күнділік пен 15 қаңтар аралығына белгіленген тазалық айлығын жүргізу мерзімі ішінде біршама дүниелер істер тындырылып, ол кезеңге зеңгемен жоспарлы түрде жүзеге асуда. Мәселен, өткен сенбіліктe аудандағы мекемелер мен тұрғындар түгел дерлік – тазалық жұмысына шықсақ, әр елді мекенде ертелеп салтанатпен басталған сенбілікке 11 мың адам қатысты. Арнайы жұмыс топтары құрылып, көшелік күшімен 6023 ауланың, 316 көше бойлары мен 94 шақырым арық- өзен арналары тазаланып, 521 тонна күл-қоқыс шығарылды.

Айлық басталғалы бері бұл игілікке шараға 78421 адам қатысып, ауыл көшелері мен жол бойлары, қоғамдық демалыс орындары тазаланды. Әлеуметтік мәдени 21 нысан мен өндіріс кәсіпорындарының қайта әрленді, 2361 шаршы метр ауланың қоршаулары жөнделді. Жас натуралистердің көмегімен 4300 түп сәулы ағаш көшеттері отырғызылды.

Алайда кемшіліктер де жоқ емес. Тазалық айлығын өткізу жөніндегі аудандық комиссияның тексеруі барысында 7 елді мекенде жиналған күл-қоқыс уақтылы алынбайтындығы анықталды. Өз ауласын мен көшеге лас ұстаған 36 тұрғын үй иесіне әйлгүл салынып, бірнеше адамға ескерту жасалынды. Тұрғындардың меншік айналасын 30 метрге дейін, ал қоқыс тұлға мекемелері 50 метрге дейін таза ұстау жөніндегі аудандық мәслихаттың шешімінен түсініктері жоқ азаматтардың бар екені қынжылтты. Сондай-ақ, тәуелсіз ақпан мәлдір сулы өзендерге жасырын келіп қоқыс тастайтындарға не жорық?!.. Бұл жөнінде жергілікті әкімдер мен мекеме басшыларына хабарланып, ескерту берілп, комиссия анықталған кемшіліктерді жою, тазалық айлығын жүйелі әрі сапалы өткізу жөнінде ұсыныстар жөберілді. Нәтижесін елді мекендерде, мекемелерде апта сайын тазалық жасау өкілі алып, ел де жалғасуда.

Ауданда болып, бірнеше елді мекендердегі тазалық жұмыстарының нәтижелерін көрп білген құрамында Қуаныш Омарова, Серік Кеңесбаев, Мұхтар Өмірбеков сынды әр сала мамандары бар облыстық санитарлық тазалық тексеру комиссиясы төбының жетекшісі Мұратбек Хасанов айлығында тазалық айлығы ауданда жоғары деңгейде жүргізіліп жатқаны байқалған. – Ауыл тұрғындарының пікірі де жақсы. Әсіресе, «Жол картасын» бағдарламасы аясында қалық үшін жасалынып жатқан жол жөндеу, мәдени, әлеуметтік нысандарды қайта қалпына келтіру, балабақшалардың ашылуы көпшілік көкейдегісін деп басып, Елбасына, Үкіметке ризашылықтарын білдіріп, шексіз алғыстарын жаудырды. – деді Мұратбек Қорғанбекұлы. Облыстан келген тазалық тексеру комиссиясы бірлік жұмысбастылықтан арылып, ауданның көркті жерлерін аралап көруге де уақыт тапты. Есік археологиялық өлкетану мұзейінде болып, тарих тұңғыларынан хабардар болды. Есік обаларының бірнеше табылған «Алтын адамды» жерлеу рәсімінің мәкетпен танысып, жадігерлер көмесінен ұрхани лаззат алды.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ

Неміс тәжірибесі

немесе уақытпен расталған табыс

Елімізде тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің (ТҚЖ) жұмыс істеп жатқанына жеті жыл. «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – баспана жағдайын жақсартуды мақсат тұтқан республика тұрғындарына төмен пайыздармен заем беру арқылы көмекке келетін еліміздегі ТҚЖ жүйесіндегі жалғыз банк. Аз ғана уақыт ішінде Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің республикамыздың барлық аймағында филиалдары ашылғанын да айта кету керек. Бүгінгі таңда Банктің тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы келісім-шарт жасасқан 200 мыңдай салымшысы бар. Ал шарттық сома 300 млрд. теңгеден асады.

Аталмыш банктің басқарушы директоры Сауле ЕГЕУБАЕВАНЫҢ айтуынша, Еуропада жүз жылдан астам уақыт бойы қолданылып келе жатқан ТҚЖ жүйесінің тиімділігі Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің жеті жылдық тәжірибесінен де айқын байқалып отыр. Мәселен, тұрғын үй құрылыс жинағы жүйесінің несие берудің жеке саласы ретінде негізі қаланған Германия сияқты елде халықтың 35 пайыздан астамы жинақтау жөніндегі келісім-шарттарға ие.

– Сәуле Асқарқызы, неліктен еуропалықтардың арасында тұрғын үй құрылыс жинағы жүйесі өте танымал?

– Еуропа елдерінде ТҚЖ жүйесінің танымалдығы мен оған деген сенім – оның қызметінің табыстылығына негізделеледі. Германиядағы алғашқы құрылыс жинақ банкі 1885 жылы жасақталған. Қазіргі таңда бұл – қаржылық математика қағидатына құрылған, ақшаның келуі мен кетуінің түрлі маңыздылығын қамтамасыз ететін, несиелеу ісінің жеке саласына айналды. Германия тәжірибесі –қаржыландырудың осы үлгісінің дағдарысқа төтеп бере алатын, барынша тұрақты екендігін көрсетті. Құрылыс жинақ банктері өз клиенттері алдындағы міндеттемелерін толық орындайды, ал тұрғын үй заемдары бойынша тіркелген сыйақы мөлшерлемелерінің тұрақтылығы ТҚЖ жүйесінің басты артықшылығы болып табылады.

Германияда біз айтып отырған жүйе қарқынды дамыған. 80 миллионнан астам халқы бар елдің 35 пайызы құрылыс жинағы туралы келісім-шарттарға ие, ал салынып жатқан құрылыстың 43 пайызы құрылыс жинақ кассаларының қаражатымен қаржыландырылады.

Қазіргі күні халықаралық сарапшылар дәл осындай келісім-шарттардың қажеттілігі мен жалпы құрылыс жинақ кассаларына сенім көрсету мәселесін талқылаудың өзін артық санайды. Себебі, Германияда бүгінгі осы күні келісім-шартқа отырып жатқан жастардың ата-шешелеріне, ата-әжелеріне де қызмет еткен. Яғни, бұл уақытпен тексерілген, сенімге ие жүйе. Сондықтан Германия – ТҚЖ жүйесінің табысты дамуының жарқын мысалы болып алады. Сондай-ақ, бүгінгі Франция, Люксембург, Чехия, Словакия, Венгрия, Қытай елдерінде де сәтті қолданылуда.

– Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің салымшысы атанған еуропалық қандай мүмкіндікке ие?

– Жекеменшік құрылыс жинақ кассалары Одағының мәліметтері бойынша, 2010 жылдың басында Германиядағы құрылыс жинақ кассалары жасаған келісім-шарттар саны 30,1 миллионға, оның жалпы сомасы 763,4 миллиард еуроға жеткен. Бұл сандардан әрбір орташа келісім-шарттың сомасы 25 мың евроны құрайтыны байқалады.

Мұндай сомаға 7–8 жылға келісім -шартқа отырған салымшы тарифтік бағдарламаға орай, орта есеппен айына 125 евро салым салса, ай сайынғы тұрғын үй заемы төлемдерін төлеу сомасы – 150 евро болады.

Германия туралы сөз қозғай отырып, ТҚЖ жүйесі заемы ипотекалық заемдармен бірге баспананы жақсартуға жиі пайдаланатындығын айта кеткен жөн. Статистика бойынша тұрғын үй сатып алуға немесе салуға қажетті соманың 20-дан бастап 30 пайызға дейінгі – клиенттің жеке қаражаты, тағы 20-30 пайызы – құрылыс жинақ кассаларының заемы, 40-тан бастап 60 пайызға дейінгі – ипотекалық заем болып келеді.

Тұрғын үй заемы бойынша Германия тұрғындары үшін жылдық сыйақы мөлшері 2,5-тен 5 пайыз көлемінде белгіленген. Осы тұста «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» тұрғын үй заемын жылдық сыйақы көлемі 3,5–5 пайыз аралығында 7 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге беретінін айта кеткен жөн.

– Бұл жүйе немістердің өміріне өбден дендеп енген, сан мыңдаған адамдар осы елде құрылыс жинақ кассаларының клиенттеріне айналып отыр. Сіздіңше мұның сыры неде?

– Германияда ТҚЖ жүйесінің дамуында мемлекет үлкен рөл ойнайды. Неміс заңнамалары салымшыларға мемлекеттік сыйлықақы ретінде, сондай-ақ жұмыс берушілер тарапынан да қосымша қаражат беруді қарастырады, салықтық жеңілдіктері тағы бар. Салымдарды жинақтау барысында жинақ шоттарына жыл бойында жинақталған қаражатқа 8,8 пайыз көлемінде сыйлықақы қосылады, дегенмен, сыйақының максималды сомасы отбасылы азаматтар үшін 1024 евродан, бойдақтар үшін 512 евродан аспайды. Және тұрғын үй сатып алуға әрекеттенген жұмысшының жинақ шотына жұмыс беруші де жылына 480 евродан аспайтын қосымша қаражат құяды. Егер жұмысшының жылдық жалақысы отбасылыларда 40 мың, бойдақтарда 20 мың евродан аспайтын болса, онда қосымша төлемге мемлекет тағы да сыйақылық үстеме ретінде 9 пайыз қаражат береді. Тағы бір ескеретін жайт, мемлекеттің сыйлықақысы жинақтардағы салымдардың мерзімі 7 жылдан кем болмаған жағдайда төленеді. Яғни, тұрғын үй саласы салымшыларын қолдауда мемлекеттік сыйлықақы түріндегі төлемдердің болуы өте маңызды. Мәселен, 1987 жылы Германия мемлекетінің ТҚЖ жүйесіне қатысушыларды қолдауға шығарған шығыны 2,1 миллиард неміс маркасын құраса, 6 жылдан кейін құрылыс жинақ кассаларының елдің тұрғын үй саласына салған қаржысы 61 миллиард неміс маркасына жеткен. Бұл салымшыларға жұмсалған мемлекет қаржысының тұрғын үй саласына салым түрінде бірнеше еселеп қайтқанын көрсетеді.

– Бұл ТҚЖ жүйесінің мүмкіншіліктері ұлттық тұрғын үй нарығын дамытуға септігін тигізе алады деген сөз ғой?

– Халықты сапалы да қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету – кез келген мемлекет үшін түйткілді мәселе. Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінің талаптары адамдардың кепшілігіне қолжетімді болғандықтан, ЖҚЖ жүйесі жұрттың жеке меншік баспана мәселесін мемлекеттің қолдауын сезіне отырып, өзі шешуге деген құлшынысын арттырады. Осылайша, тұрғын үй мәселесін шешудегі мемлекетке жүктелген жауапкершілікті айтарлықтай жеңілдетеді. Сонымен қатар, ТҚЖ жүйесі тұрғын үйлердің құрылысын тұрақты дамытуға әсер етеді. Осылайша, бұл жүйе нарықта жаңа жұмыс орындарының ашылуы мен жинақтау мен тұтыну үдерістерін теңестірудің арқасында, тұрғын үй бағасының тұрақты болуына ықпал етеді.

Өңгімелескен Айнаш ЕСАЛИ.

Қосымша ақпаратарды «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның аймақтық филиалынан ала аласыздар. Мекен-жайы: Талдықорған қаласы, М. Төлебаев көшесі, № 86 үй, тел.: 24-40-48, 24-79-72.

◈Бәрекелді!

Естеріңізде болса, үстіміздегі жылдың қыркүйек айының 6–10-жұлдызы аралығында «ТАЭТК» АҚ оқу-жаттығу алаңында 10/0,4 киловольтті электр жүйелерін тараттын бригадалар арасындағы жәтінші халықаралық жарыс өткен болатын.

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ



Оған Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Грузия, Тәжікстан, Өзбекстан, Украина, және Ресей сынды ынтымағы жарасқан тоғыз мемлекеттің командалары жеті кезең бойынша сынға түскен еді. Жетісу жерінде өткен апта бойғы жарыстың нәтижесінде Қазақстан Республикасы, оның ішінде Талдықорғанның «ТАЭТК» АҚ командасы жеңіске жетіп, бірінші орынды жеңіп алды.

Аталмыш жарыстың қорытындысы бойынша «ТАЭТК» акционерлік қоғамының президенті Бақытхан Жазықбаевтың атына Халықаралық жарысты ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Ресей Федерациясы Энергетика министрінің орынбасары Евгений Мишуктың атынан ресми Алғыс хат келді.

Онда «ТМД Электрэнергетикалық кеңесі президентінің, ТМД-ға мүше елдер салалары басшыларының және өзімнің атымнан сізге жетінші халықаралық 10/0,4 киловольтті электр жүйелерін тарататын бригадалар арасындағы жарысты «Талдықорған акционерлік электр жүйелерін тасымалдау компаниясы» акционерлік қоғамының оқу-жаттығу алаңында ұйымдастырып, оның сәтті өтуіне мүмкіндік бергендігіңіз үшін алғыс білдіреміз.

Сонымен қатар жарыстың жоғары деңгейде өтуін сәтті ұйымдастырып, белсенді атсалысқандығыңыз және кеңпейілділік танытқандығыңыз жарысқа қатысушыларға жігер беріп, табысқа жетуге шабыттандырды. Сондай-ақ, сіздің бұл азаматтығыңыз әркімге үлгі болып, мамандарымыздың біліктілігін арттыруға, тың тәжірибелермен алмасуға, кәсіптік қарым-қатынасты нығайтуға сара жол саларына көмілі сенемін», – делінген.

Байыптап қарасақ, біздің арамызда да өзгелерге үлгі болар кәсіби біліктілігі жоғары әр сала мамандары жеткілікті. Осы ретте облысымыздағы электрэнергетика саласында да жемісті еңбек етіп, облысымыздың экономикасын өрлетуге өзіндік үлес қосар қызметкерлердің көп екеніне біз де қуандық.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

Газет 1918 жылдың тамызынан шығады ● №129 (17398) Сейсенбі, 9 қараша, 2010 жыл ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Жетісу жерінде

Құрметті азамат атанды

Бүкіл ұстаз, тәрбиеші маман Ғалия Назарбекқызына қоғалы аз айтылып жүрген жоқ. Күні кеше ғана ұлағатты ұстаз өзінің 60 жылдық мерейтойын атап өтті. ҚР Ағарту ісінің үздігі ы.Алтынсарин медалінің иегері, сондай-ақ ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталған ардагер ұстаз сонау оңалған жылдан бері Өтеген батыр кентіндегі № 13 М.Мақатаев атындағы орта мектепті басқарып келеді.

Елмас ЖҰНІС, "Жетісу"

Сондай-ақ, аудандық мәслихаттың депутаты ретінде өткарып жүрген жұмыстары да ұшан-теңіз. Ел бастасақ, бүгінгі таңда Елбасымыздың тапжырымына орай білікті де білімді кадрлар тәрбиесін қамтау, Ғалия бас қарында ұлттың басты мәселесі. Жүздеп, мыңдап ұстаған, екі мыңның үстінде оқушысы бар мектептің соңғы жылдарда жүзеге асырып жатқан бірнеше ісін қолға алуы, 60 тың асырмы шығып кетуіне де қарамастан, ұлағатты ұстаз ұжымды ұйымдастыра білуі, ата-аналармен тығыз байланыс орнатуы, ең бастысы, ұстаз ұжымының ынтымақтастығын қалыптастыруы – бәрі-бәрі ұстаздың ұлағатты ісінің жемісі.

Ғалия Назарбекқызы – ұстаз ғана емес, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, ұлағатты ұстаз. Ұстаздық ұлағатын ұлттық құндылықтарымызды, ұлттық дәстүрлерімізді, ұлттық ерекшеліктерімізді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге, ұлттық тәрбиені ұлықтауға, ұлттық мәдениетімізді, ұлттық салт-

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ



Жетіген – Қорғас теміржол желісі

маңызды мақсаттарға қол жеткізуге жол ашары анық

Алматы қаласының іргесінде, облыстың Іле ауданының аумағында орналасқан Жетіген теміржол бекеті мен еліміздің шығыс шекарасындағы ең шеткі нүктенің бірі – Қорғас ауылының арасын жалғастыратын шойынжол желісі құрылысының жалпы құны – 153,2 млрд. теңге.

Теміржол тармағының ұзындығы – 293 шақырым. Есептей білген адамға жол табанының әр шақырымына қыруар қаржы жұмсалатыны бірден белгілі болады. Өткен жылдың тамыз айының 3-і күні Мемлекет басшысы мен облыс әкімінің қатысуымен алғашқы құрылыс-құрастыру жұмыстары басталған шойын жолмен келер жылдың желтоқсанында алғашқы пойыздар қозғалысы басталады деп жоспарланған.

Ағын, бәрі сәтті болса, 2012 жылы Жетіген мен Қорғас, одан әрі Қытай Халық Республикасына теміржол қатынасы мен алыс-беріс жүзеге асырылады. Сол жылдан бастап қазақстандықтар мен алыс-жақын шет елдерден келетін жолаушылар және халықаралық жүк тасымалымен шұғылданушылар бұрынғыдай тек «Достық» теміржол бекеті арқылы ғана емес, Жаркент өңірі арқылы өтетін теміржол өткелімен де ыңғыр бетке қатынап, жүк тасымалын жүзеге асыра алады. Қазіргі кезде теміржол желісінің құрылысы белгіленген жоспарға сай жүзеге асырылуда. Осынау алып құрылыстың негізгі тапсырыс берушісі әрі жүзеге асырушысы болып табылатын «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілдері осы сейсенбіде Алматы облысының орталығына арнайы ат басын бұрып, облыс әкімі Серік Ұмбетов бастаған басшыларға "Жетіген – Қорғас" теміржол желісінде әлеуметтік маңызы бар нысандар мен кедендік инфрақұрылым және шекаралық нысандар құрылысы" жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін таныстырды. Осы бастама барысында байқағанымыз, құрылысы алға жылжыған айлармен бірге қаржы алып отырған теміржол желісі өтетін өңірлердің өзгеше бір өркендеуге не болатындығы.

Өйткені жібек жолын бетпақтар сияқты құрылыстың бастауында орналасқан шағында сөз қылған ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың табаны сөгіле басталған теміржол желісінің халықаралық маңызы мен қатар, ел экономикасына шоқтай үлесі қомақты екенін айрықша атап өткендіктен тоқталды. Қазіргі кезде теміржол жүйесі өтетін аудандардағы жер бағу мәселелерін белсенді жұмыстар барысында қолдауларын жасағандықтарын да ескере сөзды. Содан кейін жобаның техникалық-экономикалық негіздемесімен таныстыру үшін сөз кезегін «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жобалық және күрделі құрылыс дирекциясының директоры Әділха Ермұхановқа берді.

– Өздеріңіз білесіздер, теміржол желісі құрылысының тұсауын Елбасының өзі кескен болатын. Екі елді жалғастыратын темірқазық тарихымыздың жобасы ғана күрделі. Тек қонға арналған жер пәтемі үшін ғана 25,5 млн. теңге метр тоқпақ үйіп, 29 көпір, 2 жол өткел мен су өткізетін 300 құбыр орнату керек. Кәнігі кезде жолдың бүкіл бойында құрылыс-құрастыру жұмыстары қарқын алған. Жұмысқа 1500 техника бірнеті мен үш мыңға жуық адам жұмылдырылған. Осы айдың 22 қарашасына дейін жалпы сомасы 107,6 млрд. теңгенің жұмыстары жүзеге асырылды. Құрылысты қаржыландыруда және жер бөлуге байланысты ешқандай кемшілік жоқ. Бүгінгі күнге дейін барлығы 28,1 млрд. теңгенің жұмысы атқарылды, – деген Мағзұм Мырзағалиев кезде жобаны жүзеге асыру комиссиясы төрағасының орынбасары, министрлік теміржол желісі өтетін аудандардағы жер бөлу мәселелерінің өтеуін және инфрақұрылымдар, жүргінші жолдары әкімдіктерге қарасты екендігін, ал жобаны жүзеге асыруға қатысушы ұйымдардың барлығы қолдауларын жасалып отырғанын да ескере сөзды. Содан кейін жобаның техникалық-экономикалық негіздемесімен таныстыру үшін сөз кезегін «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жобалық және күрделі құрылыс дирекциясының директоры Әділха Ермұхановқа берді.

АҚ ТІЛЕК

Береке-бірлік арта берсін



Үлботай апа немересі Нұрсұлтанмен бірге

Үлботай САРИЕВА,
Бақтыбай ауылының тұрғыны, «Алтын алқа» иегері:

– Ата-бабаларым да, өзім де осы Бақтыбай ауылында туып-өстік. Отағасы Мамаш Сарыевпен 1957 жылы шаңырақ көтердік. Осы ауылда жұмыс істедім, тұрақтап өттік. Жолдасым өмір бойы мал бақты, егістік алқабынан сүрдім. Сөйтіп, ауылға жүйкемнің кәп еңбегі сіңді. Оның қайтқанына, міне, бірыай қарамда жеті жыл толады. Екеуміз дүниеге он бала – сегіз ұл, екі қыз алып келдік. Тағдырдың жазымын болар, бәлтір екі қызымның біреуі өмірден өтіп кетті.

Он баланың ең үлкені Серік Ескелді өндірістік кооперативін басқарып жүр. Балаларымның жоқпа ең немере, бес шөберем бар. Олардан оқығанын оқыды, оқи алмағандары да еңбекке араласып кетті. Сегіз келін түсірдім. Оқымын дегенін оқыттым, шамам келгенше тәрбиеледім. Шүкір, осы күнге дейін біреумен айтқыдай дессі көрген жоқпыз. Сөйтіп, бірлігімізбен берекемізді кептіріп отырмыз. Ал немерелерімнен келетін болсам, олардың бәрі қалмай жоғары білім алды. Олардың ішінде Рауан немерем 2009 жылы Бразилиядағы футбол академиясына оқуға аттанған 26 жас спортшының бірі. Бүгінде ол Бразилиядағы өзгеше «Атлетико Минейро» клубында футбол ойнап жүр. Рауанымның екінші ұлым Ерлан да күрестен спорт шебері. Ерланның, екінші ұлы Саят та футболшы.

облысымыздың «Жетісу»

футбол командасында және ұлттық құрама командасында ойнайды. Ерланның «Мен жеткен жетістіктерге ұлдарым жетсін, – деп ең баласын ауа райына қарамастан күнде жаттығуға алып баратын. Өзі келіншек жүрт отыратын, ал балаларын қалаған уақытында жүргізіп қоятын. Мине, бүгін сол еңбектің жемісін көріп отырмыз. Ұлым Серіктің де балалары мамандығы бойынша қызмет істеп, мерейімізді өсіріп жатыр. Тағы бір немерем Москведе оқып жүр. Оның жақсы оқығаны үшін Москведен бізге Алғыс жіберіпті. Хатты оқып, тебеміз көкке жетті.

«Еңбек, еңбектің түбі – зейнет» дейді дана халқымыз. Сол сияқты жастарға айтар ақылым, еңбектенуден шаршамаңдар, бірлікте болыңдар. Тек сонда ғана ырысымыз тәрамыздан кетпейді.

МӘДЕНИЕТ


Жүйелі жұмыс жасалуда


Салима ОШАҚБАЕВА,
аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің сектор меңгерушісі:

– Бүгінде ауданда 29 мәдениет ошағы тұрғындарға қызмет көрсетеді. Атап айтар болсақ, Нұрмолда Алдабергенов атындағы мұражай, 13 Мәдениет үйі мен ауылдық клубтар, 1 аудандық және 14 ауылдық кітапхана жұмыс істейді. Халықтық «Мұрагер» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, ардагерлер қоры, «Әжелер» ансамблі, «Ақ» бишілер ансамблі, жоғалды аспаптар ансамблі, би, вокал, драма үйірмелері, аудан аумағында өтетін іс-шараларға белсенді қатысып, халықтың алғысына бөленуде. Бүгінде барлық мәдениет ошақтарының материалдық-техникалық базасы шайпатылып, штаттық бірліктері артып келеді. Атап айтар болсақ, 2009 жылы Жетісу ауылдық Мәдениет үйіне жергілікті бюджеттен 75 млн. теңге қаржы бөлініп, күрделі жөндеуден өтсе, өткен жылы 95 млн. теңге қаржы бөлініп, Сырымбет ауылдық Мәдениет үйі жаңа бейнеге енді. Биылғы жылы Қайнарлы ауылдық Мәдениет үйіне 75 млн. теңге ақша бөлініп, игілікті жұмыс жалғасуда. Міне, осылай кезіндегі тоқырау жылдары құлдырап қалған мәдениет ошақтары халыққа қызмет көрсете бастады. Сондай-ақ, мәдениет қызметкерлеріне сөнімдік жүйе тіктіруге, музыкалық аппараттар алуға да қаржы бөлініп отырады. Нәтижесінде, жақсы жетістіктерге жетіп отыр. Өткен жылы 14 ауданның Мәдениет үйлерінің арасында ауылдық Мәдениет үйі екінші орынға табан тіреді. Ал жуырда облыс орталығында өткен ауданның мәдениет күндері аясында ұйымдастырған шара барысында жеткен жетістіктерімізді облыс тұрғындарына көрсеттік.

Тағы бір айта кетер жаңалығымыз, кейінгі жылдары «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша ауданымызға келетін өнерлі, дарынды, талантты жастардың қатары көбейіп барады. Бұл қатарда Жетісу ауылдық Мәдениет үйінің директоры Кайрат Әбілдасымов, хореограф Жанар Бешенқызы мен Айнұр Баймұханбетова, дәстүрлі әнші Мақпұзат Махметхан, Арафат Сәдақов, эстрада жанрында әнші Айганым Галия Шахзарбаева, күйші Арыстан Көсімбай қатарлы жас өнерпаздарды атауға болады.









АССАМБЛЕЯ АЯСЫНДА

Төртеу түгел болса...

Қазақстан Республикасы Ата Заңға сәйкес демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Бүгінгі күні тәуелсіз ел болудың алғашқы қиындықтарынан абыроймен өтіп, дамыған экономикасы бар, ынтымақты ту еткен ұстаған елдердің қатарына қосылып отырмыз. Осы кезеңдегі әлеуметтік-саяси өмірде этнос өкілдерінің де бейбітшілік пен ынтымаққа қосқан үлесі мол болды. Олар қазақ халқымен бірлесе отырып, еліміздің өркендеуіне білек сыбана кірісті. Тағы бір жағынан Елбасымыз салиқалы саясатының нәтижесінде еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын дамытуға жақсы жағдайлар жасалды. Нәтижесінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылып, этномәдени орталықтардың жұмысы жанданды. Бұл үрдіс Ескелді ауданында да көрініс тапты. Бүгінде аталмыш ауданда 3 этномәдени орталық жұмыс істейді. Айталық, Алдабергенов атындағы орта мектебіндегі орыс, Шестаков атындағы орта мектебіндегі украин, Титов атындағы орта мектебіндегі корей этномәдени орталықтары ауданда өтетін шараларға белсене атсалысып, салт-дәстүрін жетілдіру бағытында да бірқатар жұмыс арқауда. Сонымен қатар, еліміздегі ұлтаралық қатынастарды нығайтуда белсенділік танытуда. Бұл да тәуелсіздік жылдарындағы ел жетістігін бір ретпен тарих қойнауына енді.

Жаңалық түрғаны анық

ЖАС МАМАН



Ринат БЕКБОЛҒАН,
ауандық салық бөлімінің маманы:

– 1990 жылы аудан орталығы Қарабұлақ кентінде дүниеге келдім. Аудандағы үлкен мектептердің бірі Ш. Уәлиханов атындағы орта мектепгимназиясында білім алдым. Мектепті бітіріп, білімімді Талдықорған экономикалық колледжінде жалғастырдым. Одан кейін өз ауданымның өсіп-өркендеуіне үлес қосуды мақсат етіп, осында жұмысқа келдім. Басында «Жастар практикасы» бойынша мен алты ай Қарабұлақ кенті округі әкімдігінде тәжірибеден өткен болатынмын. Онда жақсы жұмыс істегендіктен мені аудандық салық бөліміне жұмысқа шақырды. Қазір сонда ел қатарлы еңбек етіп жатырмын. Жалақымызды уақытылы алып жүрміз, еңбек етуімізге де жақсы жағдай жасалған. Тәлімгерлерім де көп болды. Ең басында Қарабұлақ кенті округі әкімдігінде жұмыс істегенде Қарабұлақтың әкімі Жанатай Мұқашұлы көп көмектесті. Жұмыстан себепсіз қалмай ерте келуде мен сол кісіден үлгі алдым. Одан кейін мені салық бөліміне жұмысқа шақырған Оразтай Нұртайұлы мен салық саласында жиырма жыл бойы жұмыс істеп келе жатқан Валентина Сидорова да ақылдарын айтып, мамандығымды меңгеріп кетуіме өлшеусіз үлес қосты. Бір сөзбен айтқанда, маған жұмысым қатты ұнайды. Болашақта бұдан да жақсы жұмыстар атқарып, бнік белестерден көрінсем деген арманым бар.

Тәлімгерлеріме ризамын

БІЛІМ

Алтын арқау

Берік ДҮЙСЕБАЕВ,
аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімінің бастығы:

– Қазақ даласына ағартушылық ағымы деңдеп кіріп, өнер мен ғылымның, техниканың халық тұрмысына қажеттілігі арта бастаған түста, яғни, XIX ғасырдың екінші жартысында Жетісу жерінде жұртты ғылымға жетелеген білім отаулары бірінен кейін бірі ашыла бастады. Сол түста өніріміздегі алғашқы білім шаңырағы қазіргі Ескелді ауданында тұтанды десем артық айтқандық болмайды. Ол – құрылғанына 135 жыл болған Шұбар ауылындағы Көксу ауыл шаруашылығы колледжі. Әлбетте, өркениетке ертеден бет бұрған ауданның бүгінгі білім мен тәрбие саласындағы жетістігі қомақты. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарындағы нәтижелі істер көңіл қуантады.

Айталық, бүгінде ауданда өскелең ұрпаққа білім беру мен тәрбие үрдісін ұйымдастыратын 30 білім мекемесі болса, оның жиырмасы орта, бесеуі негізгі, бесеуі бастауыш мектеп. Мұның ішінде таза қазақ тілінде білім беретін 13, орыс тілді 1, аралас 16 оқу орны жұмыс істейді. Сонымен бірге, мектепке дейінгі оқыту және тәрбие жұмысымен айналысатын 4 балабақша, мектепке дейінгі 25 шағын орталық жұмыс істейді. Ағымдағы жылы аудан бойынша 7922 оқушы мектеп табалдырығын аттаса, оларға 1048 ұстаз білім беру жұмысымен айналысады.

Өнер мектептері заманауи құрал-жабдықтармен де толығымен жабдықталған. Барлық оқу орнына интернет жүйесіне қосылса, 25 мектеп өз сайтын ашып, білім беруді ақпараттандыру бағыты бойынша жұмыс жасауда. Сонымен қатар, 11 білім шаңырағында лингафондық, мультимедиялық және физика кабинеті, 4 мектепте интерактивті тақтамен жабдықталған математика кабинеті, 6 мектепте арнайы биология кабинеті мінсіз білім берумен айналысуда. Тағы да бес мектептің онлайн режимінде республикалық және облыстық семинар және сабақтарға қатысуға мүмкіндігі жеткілікті. Кейінгі жылдары облыс өкімінен бастамасымен үздік ұстаздар мен ұжымдарды анықтау мақсатында 7 номинация бойынша байқау өткізіліп, бірнеше жүлделі жеңімпаздарды анықтап, марапаттадық. Нәтижесінде жыл сайын халықаралық, республикалық, облыстық олимпиадалар мен байқауларда топ жарған ұстаздар мен оқушылардың қатары артып келеді.

Әрине, бүгінгі қоғам жастардан өзінің іс-әрекетіне басшылық жасайтын, шешім қабылдай алатын дарабылықты талап етеді. Осы тұрғыдан келгенде аудан мектептерінде тәрбиеленген шәкірттердің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға зор мүмкіндік ашылып отыр. Қысқасы, мұның бәрін де тәуелсіздіктің жетістігі деп санауға әбден болады.

ЖЫР-ШАШУ

Ауылым

Кетсем де бұл өмірдің жетегінде,
Өзінен туған жерім кетеміз бе.
Жап-жасыл, бау-бақшалы бір ауыл бар,
Жайнаған Үшбұлақтың етегінде.

Шақпақтас, Байгетөбе бабында ма,
Алдымнан қол бұлғайды сағымдана.
Көтеріп көкке кетті көңілімді,
Бас иіп, туған жерге табынғанда.

Тарғындай тұнығына ай қабағы,
Көгінде құс жолы да байқалады.
Қыратта қырмызы гүл құшақ жайып,
Күлімдеп көктем сайын жайқалады.

Кеткен жоқ бір өзінен жырақтанып,
Тұрғандай балғын күнді бұлақ танып.
Сылдырап күміс көмей тауан құлап,
Қусағым ағып жатыр сыр ақтарып.

Жіберсең өз ұлыңды еркіне тек,
Көз тігем құзар шыңның бөркіне көп.
Шақпақтан көшелері ауылымның,
Қарасаң көз тоймайды көркіне тек.

Жанымa нұр сәулесі шуақтанып,
Көңілімді сол бір сәтің жұбатты анық.
Айналдым, қасиетінен ауылым менің,
Жүремін бір өзіңмен қуаттанып.

Сайлаубай ТОЙЛЫБАЕВ.

«БАЛДӘУРЕН» БАЛАБАҚШАСЫНА – 20 ЖЫЛ

Сөтен кеттее сәт

Қазақ балабақшасы болып өсуден 20 жыл бұрын құрылған «Балдәуреннің» алғашқы түлектері, біздер бүгінде тәуелсіздіктің құрдастары саналамыз. Балабақшаға алғаш келгенім әлі есімде. Ата мен апамның айтуынша, мен еркелеу болыппын. Сол үшін тәрбиешілерден жиі ескерту алады екенмін.

Тәрбиеші демекші, менің алғашқы тәрбиешілерім Анар Құрманғалиева, Рыс Алтынбекова, Баян Әбдірахманова, Марфану Байдиндаевалар еді. Осы апайлар әлі де сол орында жұмыс істеп келеді. Әрине, бұл балабақша бір мезгіл орыс тілінде жұмыс істеді. Сондағы Марта тәтемізді қазір басқа жұмыста болса да, кездескен сайын ерекше жылылықпен, ыстық ықыласпен құшақтасып амандасамыз. Балалық балдәуренді еске түсіреміз.

Мен Қарабұлаққа келген сайын інім мен сіңліме өзімнің балабақшамды сыртынан көрсетіп өтемін. Ауладағы кішкентай ертегі әлеміндегі үйлерді, сырғанақтарды, қорапты машинаның мәкетін көрсетіп, сол кездегі қызықты шақтарымды әңгімелеп беремін.

Сондай сәттің бірінде інім:

– Анау кішкентай үйде не бар? – деп сұрады.

Ол бізді тамақ пісіретін асханамыз еді. Мұнда Майра Қалдыбекова, Маржан Ахзбаева апайларымыз дәмі тіл үйіретін аз әзірлейтін. Ол кісілер қазір де сонда істейді. Айтпақшы, сол жылдары асханаға азық-түлікті дүкеннен Мәншүк Жанахметқызы алып таситын. Қыста азықты шанамен жеткізуші еді. Ол кісі бұл бұрқырап аулаға кіргенде, біз жамырай жүгіріп, асханаға дейін шанасын итеретінбіз.

Әлбетте, айта берсем балалық шақтың қызығы таусылмайды. Мен осы шағын естелігім арқылы өзім мектеп жасына дейін тәрбие алған балабақшамды, ондағы өткізген жылдарымды еске түсіріп, жоғарыда аталған апайлардың бала тәрбиесіне сіңірген орасан еңбектерінс деген алғысымды білдіргім келеді.

Содан бері 20 жыл өтті. Ел өмірінде үлкен өзгерістер болды. Балабақшамыз қиын жылдарды бастан өткізе де жұмысын тоқтатпай бүгінгі күнге жетті. Қазіргі балабақшаның материалдық базасы нығайды. Бүгінгі заманның талабына сай бала тәрбиесімен айналысудың барлық мүмкіндігі бар.

Ажар БИБОЛОВА,
«Балдәурен» балабақшасының түлегі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСЫ

Сенімді ақтаймыз

Индира АСАНОВА,
аудандық «Жетісу шұғыласы» газетінің тілшісі:



– Тәуелсіздік – тағдырдың қазаққа берген басты бақыты, ата-бабаларымыздың жүздеген жылдар бойы аңсаған арманы. Мен де тәуелсіздіктің құрдасымын. Мен 1991 жылы осы Ескелді ауданында дүниеге келдім. Мектепті осында тамамдаған соң Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне журналистика мамандығы бойынша оқуға түстім. Дипломымды алып, бірден өзім түлеп ұшқан ауданымның «Жетісу шұғыласы» газетіне тілші болып жұмысқа орналастым. Мен өзімді бақыттымын деп санаймын. Себебі қазіргі таңда елімізде мендей жастарға барынша жағдай жасалуда.

«Ұлым дейтін ел болмаса, ұлтым дейтін ұл қайда» демекші, бүгінде ауданымыздың жастарына үлкен мүмкіндіктер қарастырылған. Сонымен қатар, жастардың патриоттық рухын көтеріп, оларды отаншылдыққа баулуда облыс, аудан басшыларының атқарып жатқан жұмыстары ауқымды. Мұндай қамқорлықты сезінген жастарымыз да өз тараптарынан кез келген шарада белсенділік танытуда. Атап айтсақ, «Жастар слеті» фестиваліне мен оқушы кезімнен бастап қатысып келемін. Республикалық Ілияс оқуларына қатысып, одан екінші орын алдым. Оралхан Бөкей оқуларында да бағымды сынап, бірінші орынға ие болдым. Оқуды бітіріп, бала кезімнен армандаған аудандық газетке де орналастым. Аудандық «Жас Отан» жастар қанатында белсенділік танытқандығымнан мені оның атқарушы хатшысы етіп тағайындады. Бұл мен үшін үлкен мәртебе. Менің мұндай жетістіктерге жетуіме, әрине, аудан әкімдігі үлкен қолдау көрсетті.

БАСПАСӨЗ

Ауданның айнасы

Сәбит БИБОЛОВ,
«Жетісу шұғыласы» газетінің бас редакторы:

–Құрылғанына 81 жыл болған аудандық газет газыр қойнауындағы талай тартыстың куәсі болды. Сонда да халықтың көзі һәм тілі болу алда деп сенімменайта аламын. Кеңестегі кеңес дәуірінде болсын, тәуелсіздік жылдарында да өткен мен бүгінінің арасына алтын көпір болып, ел мерейін жұрт беделін өсіріп келеді. Бүгінде өнірде атқарылып жатқан істерден дер кезінде хабар беріп, тұрғындарды ынтымақ пен бірлікке жетелеу бағытынан тайған жоқ. Өзім осы газетте 20 жыл жұмыс істедім. Осы барыста баспасөздің барлық сатысынан өттім. Тілші, бөлім меңгерушісі болдым. Сәтгерлік пен журналистикаға қатар меңгеріп, бірқатар дүниелер жаздық. Оны көзі қарақты жандар біледі деп ойлаймын. Қазір осы басылымды басқарып келемін.

Тоқырау жылдарындағы қиындық газетімізді айналып өтпеді. Жабылып қалудың азақ алдында тұрған кездері де болды. Кезінде бірнеше бөлім, көптеген адам жұмыс істеген газетті екі-үш адам жалықпасы ұстап тұрған кезімізді де болды. Өтпелі қиындық өтті. Қайта түлей бастадық. Десе де, аудан әкімдігінің қолдауының нәтижесінде осы күнге жеткенімізді жасырмаймыз. Қазір жағдайымыз жаман емес. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, облысымыздағы аудандық және қалалық газеттердің арасында басылымымыздың таралымы ең алдыңғы орында тұр. Бұл сапамыздың жаман екенін көрсететін шығар. Кезінде төрт бет болып шығатын газет бүгінде 8 бетке өсті. Алдағы уақытта көлемі көбейеді деген ойымыз бар.

Енді бір айта кетерлігі, ауданымыз негізінен ауыл және мал шаруашылығымен айналысатын өнір, газетімізде осы сала төңірегіндегі жаңалықтар жиі жазылады. Бұл мәдениет, әдебиет, өнер, спорт, білім салалары тысқары қалып кеде жатыр дегенді білдірмейді. Өнірде қандай жаңалық болса соның бәрін көрсетуге тырысамыз.

Биылғы тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай газетімізде «Тәуелсіздікке жиырма жыл», «Біз тәуелсіздік құрдастарымыз», «Қазақстан – 2050», «Дипломмен ауылға», «Балапан», «Сыбаға» сияқты жаңа айдарлар ашылып, номер сайын материалдар беріп келеміз. Онда жазылған жайлар тұрғындары бейжай қалдырмай, ел тәуелсіздігінің 20 жылында жеткен жетістіктерімізді көрсетіп келеді. Сондықтан газетімізді жұрт «Ескелді ауданының айнасы» деп атап жүр.



Айқара бетті дайындағандар
Айнұр ӘБДІРАХЫМ мен Қажет АНДАС.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● №117 (17530) Сейсенбі, 18 қазан, 2011 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

●*Бәрекелді!*

ЕСКЕРТКІШ АЛМАТЫДА АСҚАҚТАДЫ

Өткен ғасырдың соңында ел мәдениеті өмірінде тағы бір жаңалық қол соқтырды. Алматы қаласындағы Фурманов және Жолдасбеков көшелері қиылысындағы алаңқайда қазақтың ұлы композиторы, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиевке ескерткіш ашылды.



Жетісу
Болат МӨЖИТ

Онда салтанатты рәсімге Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов бастаған қоғам қайраткерлері, өнер шеберлері, зиялы қауым өкілдері және Нұрғисаның шәкірттері мен туысқандары қатысты. Ақ жамылғы сырғып түскенде қолына дирижерлық таяқшаны ұстаған композитордың қола мүсіні жарқ ете қалды. Нұрғисаның шабытты шағында бір сәті мүсінде шығармасында әлі бейнеленген екен. Қалың жұрт талантты перзенттің рухына тағзым етті. Ескерткіш алды әлқызыл гүл шоқтарына толды.

– Ескерткіште Нұрғаның руһы бар. Бойын шабыт қысқанда өзіне-өзі сыймай кететін. Композитордың соп күйі кезіне впостегендей болды, – дейді Дариға Тілендиевна.

– Нұрғаның өнер үшін туған тұлға. Өмірге келгенде бармаған қатар, таған қоятын. Оң көзден сескенге қорқытынбаз. Ал керісінше қапса, сағына бастайтынз. Сағынға шақтан кезде мүлдем кәгеріп кететін. Бәнке сағынған барға жатқан қиянға ұқсайтын. Мына мүсінде сондай тоғағыстардың көрі дәл бейнеленген екен, – дейді әнші Мәнгүл Қазтуғанова. Ең бір сәт ескерткіштің авторы Мырзан Әзмағамбетовтың өзеріне де құлақ түреді.

– Алматы әкімдігінің қолдауымен көптеген бастан осы жұмысты қолға алдық. Нұрғиса Тілендиев жайлы көп ойландық. Ұлы адамның мүсінін жасау оңай емес. Әсіресе, композиторлың образын сомдап шығу қиынның қиыны. Сондықтан, үлкен жауапкершілік мойынға жүктелгенін анық сезіндім, – дейді Мырзан Серікдәулетұлы.

Нұрғиса Тілендиевтің жазғасы, жазушының болған артындағы туған Дихуәрханың жетекшілігімен «Отырар сазы» оркестр композитор шәкірттерының, сазын шәкіртінің Асқар Алатау мына көрінісіне тебірене көз салып тұрды.

●*Облыстық мәслихат сессиясы*

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

жедел шешімін табады

Өткен айтының жұмасында ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫ болып өтті. Онда халық қалаулыларының назарына бірнеше мәселе ұсынылды. Атап айтсақ, Алматы облысының 2011-2013 жылдарға арналған облыстық бюджетіне өзгерістер мен толықтырулар туралы және облысымыздағы құқық бұзушылыққа қатысты 2011-2013 жылдарға арналған өңірлік бағдарламаның қалай жүзеге асырылып жатқандығы жөнінде сөз болды. Бұдан өзге тағы бірнеше өзекті мәселе қаралып, бекітілді. Сессияға облыс басшысы А. МҰСАХАНОВ қатысып отырды.

Жетісу
Нұржамал ӘЛІШЕВА

БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша **облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы Н. Сатыбалдина баяндама жасады.**

– Ағымдағы жылдың 1 қазанына дейінгі жағдай бойынша жергілікті бюджеттің кірістер болжамы 115,2 пайызға артық орындалған (пәтер сатудың есепке алмағанда). Шұғыл мәселелерді шешу мақсатында, бюджеттік комиссияның қарауына ұсынылған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтініштері бойынша облыстық бюджеттің кірістер көлемін **3,2 млрд. теңгеге арттыру және үнемделген қаржыны қолдану** арқылы бюджет шығыстарын бірақ өзгерту ұсыныстары енгізілді, - деді баяндамашы.

Атап айтсақ, әкімшілік ғимараттардың күрделі жөндеу жұмыстарына, жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға және материалдық-техникалық базасын нығайтуға 192 млн. теңге қарастырылмақ. Ал өнтеншс жағдайлардың алдын алу және жою бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға 419 млн. теңге бағыттау жоспарланып отыр (Маловодное ауылындағы жер сілкінісі мен жер асты суларының көтерілуі салдарынан кіреген тұрғын үйлерді қалпына келтіруге – 97 млн. теңге, Талдықорғандағы апатты жағдайдағы үйлерді қалпына келтіруге – 43 млн. теңге, тағы басқалар).

БІЛІМ саласының айы оңынан гүлтын сынайды. Себебі, 17 білім беру мекемесінің күрделі жөндеу жұмыстарын толығымен аяқтауға барлығы 363 млн. теңге бөлінуде (оның ішінде Алакөл, Балқаш, Іле, Кербұлақ, Панфилов аудандары мен Текелі қаласының мектеп-балабақшалары бар). Сонымен қатар, білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ағымдағы жөндеу жұмыстарына 62 млн. теңге бөлу жоспарлануда.

Білім беру мекемелеріндегі автономды пештер, оларға керекті кебін бөлшектерін сатып алуға және айырбастауға 31 млн. теңге (Панфилов ауданындағы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектепке –3,7 млн. теңге, Қапшағай қаласындағы № 7 орта мектепке – 5 млн. теңге, бөлшектерге – 22,6 млн. теңге) қарастырылып отырған көрінеді.

ДЕНСАУЛЫҚ сақтау мекемелерінің жабдықтарын жаңыртуға, дәрі-дәрмектер алуға –136 млн. теңге, қан орталықтарына ИФА и ПЦР әдісімен тестілеу өткізуге – 49 млн. теңге (Талдықорған – 43,8 млн. теңге және Қаскелең – 5,5 млн. теңге), ерекеттер мен балалар үшін гепатит «А»-ға қарсы және тұмаудың алдын алуға, оларын жүр түрін емдеу үшін вакциналар алуға 63 млн. теңге бөлінбекші.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК аясында облыс әкімінің гранты бойынша жетім және тұрмысы төмен отбасыларының шамасын 270 студент бюджеттің есебінен тегін білім алуда. Осы мақсатқа оқу орындарында бағалардың осуіне байланысты және қосымша 133 студенттің өткізген отношіне сәйкес 27 млн. теңге қарастырылып отыр.

ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ саласы бойынша. Жамбыл ауданында мектептер мен тұрғын үйлерді көгілдір отынға көшіру – 53 млн. теңге, Үшқоңыр қаласындағы жылыту қазандығына мазут алуға – 64 млн. теңге, Талдықорған көшелерін шілдітмақ режимде жарықтандыру үшін қаржы үнемдетін диодтық шамдар орнатуға 24 млн. теңге бөлінеді. Ал **БЮДЖЕТТІ ДАМЫТУ** бойынша бұл салаға 1 млрд. 190 млн. теңге бағыттау жоспарлануда.

9 елді мекенді сумен қамтамасыз етуге және құрылысын бастауға, оларды жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге – 408 млн. теңге; коммуналдық шаруашылық нысандарының дамуына және жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге 448 млн. теңге (оның ішінде Талғар ауданына қарасты Көктал, Жаңалық, Жалғамбек және Дәулет ауылдарындағы жаңа электр желілерінің құрылысына – 234 млн. теңге, Талғар және Қарасай аудандарындағы жаңа құрылыстарға, электр желілері құрылысының жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге – 41 млн. теңге; Талдықорған қаласындағы ардагерлер үйінің құрылысына – 69 млн. теңге) қарастырылып отыр.

МӘДЕНИЕТ те қосымша қаржыдан құралақан емес. Мәселен, Д. Қонаевтың келер жылы болатын мерейтойына орай, Бақанастағы мұражайын көркемдік әзірлеу жұмыстарына, қосымша экспонаттар алуға және спорт ардагерлері арасында спорттық шаралар өткізу үшін – 11 млн. теңге, ауылдық Мәдениет үйлері мен кітапханаларына автономды пештер орнатуға және олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға 57 млн. теңге бағытталып отыр.

СПОРТ тағы жетістіктері үшін облыс спортшылары мен клубтарын марапаттауға – 63 млн. теңге, спорт мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, олардың коммуналдық шығындарын төлеуге, спорттық шараларға қатысуға – 31 млн. теңге, Талдықорған қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернатта велоспорт бағытында және қазақ күлтегесі бір сынып ашуға (оқушылар санының көбеюіне байланысты) – 9 млн. теңге, Үшарал қаласындағы (Алакөл ауданы) спорт мектебіне қарасты стадион құрылысын аяқтауға – 48 млн. теңге; Кеңсе қаласындағы Ж. Жабаев атындағы құрылысына 30 млн. теңге бөлінбек.

(Жалғасы 2-бетте).

●*Жетісу жәрмеңкелері*

Өткен сенбі күні Алматыдағы Астана алаңында облыстық ауылшаруашылық жәрмеңкесі қалалықтарға өсігін айқара ашты. Жылдағы дәстүр бойынша өткізіліп келе жатқан биылғы жәрмеңкенің берекесі мол болды.

АУЫЛ МЕН ҚАЛА АРАСЫ ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Аталған жәрмеңкенің ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары **Болат Төкенов,** Алматы қаласының әкімі **Ахметжан Есімов** және аудан әкімдері қатысты. Сауданың қалай жүріп жатқандарын өз көздерімен көріп, ауылдан келген шаруа қожалықтары жетекшілерімен пікірлесті. Мұндай шараның өзі жақсы да тиімді екені белгілі. Өйткені, бұл жерде бағаны көтеретін делдалдар жоқ. Өнім өндіруші жалқан диқандар мен малшылар тауарларын өз қолдарымен қала жұртшылығына барын ұсына алады.

Жәрмеңке сересне жалпы құны 1125 мыңнан теңгеге құрайтын өнімдер қойылған екен. Тұтынушылар ыдыстың заттарын тауып, қажетті жағдайларын да сатып алады. Бір де олардың көңілдеріне шығуда. Сонымен қатар, бұл тауарлар қалалағы өзі тектес тауарлармен салыстырғанда 10-15 пайызға арзан. Сондықтан шығар, жәрмеңке болады деген хабарды қалалықтар күні бұрын естіген. Кепілдік жұрт таң ата салып осында жиналған екен. Сағат 10 болмай-ақ әкелінген азық-түліктің жартысына жуығы сатылып кеткені соны аңғартады.

Жәрмеңкедегі тауар бағасына өз салғасынан көп нарсені анықауға болады. Мәселен мұнда сиыр еттің килосі 1100 теңге, жылқы еті 1500, картоп 45 теңге, сәбіз 50 теңге. Ал Алматы базарларында бағаның бұдан әлдеқайда қымбат екені айтпаса да түсінікті.

Шаруа қожалықтары ғана емес, ауыл өнерпаздары да қала жұртшылығына құры қол келмеуге әрекет жасап жатыр. Сондықтан шығар, жәрмеңке болады деген хабарды қалалықтар күні бұрын естіген. Кепілдік жұрт таң ата салып осында жиналған екен. Сағат 10 болмай-ақ әкелінген азық-түліктің жартысына жуығы сатылып кеткені соны аңғартады.

Жәрмеңкедегі тауар бағасына өз салғасынан көп нарсені анықауға болады. Мәселен мұнда сиыр еттің килосі 1100 теңге, жылқы еті 1500, картоп 45 теңге, сәбіз 50 теңге. Ал Алматы базарларындағы бағаның бұдан әлдеқайда қымбат екені айтпаса да түсінікті.

Шаруа қожалықтары ғана емес, ауыл өнерпаздары да қала жұртшылығына құры қол келмеуге әрекет жасап жатыр. Сондықтан шығар, жәрмеңке

Б. БАТЫҚҰЛЫ.

АЛМАТЫ.



●*Ресми хабарлар*



Парламентаралық Одақ Ассамблеясының жұмысына қатысуда

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Орал Мұхамеджанов бастаған парламенттік делегация Парламентаралық Одақ Ассамблеясының 125-ші отырысының жұмысына кірісті.

Бұл парламенттік форум Берн қаласында қазанның 16-сы мен 19-ы аралығында өтуде.

16 қазан, жексенбі күні, Қазақстан депутаттары Парламентаралық Одақ Ассамблеясының 125-ші отырысының ашылу салтанатына қатысты.

Басқосудың бағдарламасында басқа да парламенттік шаралармен қатар Ассамблея шеберінде «Ядролық қару – апатқа әкелетін жол» тақырыбында шақтаулас өтетін жиналған.

Бағдарламада Орал Мұхамеджанов Парламентаралық Одақ Ассамблеясының форумына келген шет елдік делегация басшыларымен, оның ішінде Германия Бундестагының төрағасы Норберт Ламмерт мырза, Жапония Парламентінің Өкілдер Палатасының спикері Тошихиро Нокаичи мырза және Швейцария Конфедерациясы Парламенті Ұлттық Кеңесінің Президенті Жан-Рене Жермание мырзалармен екіжақты кездесулер өткізілетінді де қарастырылған.

Айта кету керек, Парламентаралық одақ – әлем парламенттілерінің іс-әрекетін үйлестіру қызметіне арналған халықаралық ұйым. Оның негізін 1889 жылы Уильям Рандал Кример мен Фредерик Пасси сынды талқылаушылар арналған алғашқы халықаралық ұйым ретінде қалған.

2011 жылы ұйым мүшелігіне 157 елдің Парламенті мен құрамына кіретін тағы 9 мүшесі бар.

Парламентаралық одақ БҰҰ-да байқаушы мәртебесіне ие.

Парламентаралық одақ алғашында бейбіттік шығармашылық жүйеде айырықша орын алып, оның бірқатар қайраткерлері әлемдік Нобель сыйлығымен марапатталған.

1909 жылы Парламентаралық одақ төрағасы қызметі бекітілін, ол үш жылға сайланатын болған. 2008 жылы бұл орынға Намибия Халық Ассамблеясының төрағасы Теобен Гурираб сайланды.

●*Үдемелі даму үлесі*

АЛЫП КӨПІР

аудандарды жалғастырды

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын тойлайтын күн жақындаған сайын облыс аумағында жағымды оқиғалар көптеп тіркелуде. Республикалық индустрияландыру картасы аясында Жетісу жерінде жүзеге асырылып жатқан үдемелі индустриялдық-инновациялық даму бағдарламасы жобаларының бірі – Жетіген – Қорғас темір жол желісіндегі негізгі нысандар да біртіндеп іске қосылуда.

Күн кеше «Мостоотряд – 1» ЖШС мамандары өздеріне жүктелген аса жауапты міндеттің бірі – жоғарыда аталған шойын жол желісіндегі басты нысандар қатарындағы алып көпірдің құрылысын аяқтады. Осылайша, Іле өзенінің үстіне салынған көпір көршілес жатқан Үйғыр және Панфилов аудандарын жалғастырды.

Бұдан бұрын екі ауданды жалғастырған көпір құрылысы туралы жазған болатынбыз). Алматы облысында ғана емес, елімізде балама жоқ, алып нысан халықаралық темір жол магистралінде тұрғызылған үлкенді-кішілі он бес көпірдің ішіндегі ең ірісі болып табылады және оны басқа емес, өзіміздің қазақстандық құрылысшылар тұрғызғандығымен ерекшеленеді. Көпір заманауи талаптардың барлығына жауап береді. Ол пойыздардың сағатына 100 шақырымдық қозғалыс қарқынына кезінде 7 мың тоннадан астам жүкті көтере алады. Көпірдің ұзындығы мың метрге жуық, салмағы – 400 тонна.

Теміржол желісінің Панфилов ауданы бойынша өтетін бөлігінің ұзындығы 65,2 шақырымды құрайды және осы аралықта бес көпір, жеті өтпе, үш разъезд және Құндызды мен Алтынкөл стансылары орналасады.

Үйғыр ауданынан арнайы келген Абай Қорғабаев ақсақалдың ақ батасынан соң көпірдің шетіне керілген лентаны Панфилов ауданының әкімі Ермек Келемсейіт пен Үйғыр ауданының әкімі Қойымжан Омаров және теміржол ардагері Қалтай Сәмбетов кесіп Салтанатты сәтке куә болу үшін ең алдымен ат арытып жеткен «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалдарының өкілдері, ардагерлер құрметті азаматтар мен жастар «Мостоотряд – 1» «Жол жөндеуші» ЖШС мамандарының шеберлігі мен біліктілігі нәтижесінде дүниеге келген ерекше көпірдің үстімен жүріп өтті.

Төселген рельстермен құрылыс-жөндеу вагоны қозғалды. Осылайша, Алматы облысы аумағы арқылы Қытайға одан әрі басқа елдерге шығатын тікелі шойын жол тармағы іске қосылатын кез жақындай түсті. Түйсу нүктесі көрші өлмен шекарада жүзеге асатын темір жол желісінде бар-жоғы 25 шақырымға рельс төсеу ғана қалды. Амандық болса, желтоқсанда қалың аралық теміржол желісінің бірінші кезеңі бітіп, екі ел арасында пойыз құрамдары қатынай бастайды.

Шойын жол желісімен қос ауданның және облыстың басқа өңірлерінің бір-бірімен жалғасуын езара қол алысумен бекіткен екі ауданның әкімдері Ермек Келемсейіт пен Қойымжан Омаров аса ірі жобаның маңызы да айтарлықтай екенін. Алматы облысының ғана емес, бүкіл елімздің сыртқы экономикалық байланысы мен саудасының өркендеуіне дәнгыл жол ашатындығын айрықша атап өтті. Салтанатты рәсім ақындар С. Ұрымбайұлы мен Т. Шәбденованың жырларымен. Панфилов ауданы мәдениет үйінің көркемөнерпаздарының тамаша концертімен аяқталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

●*Жастар саясаты*

«ЖАСЫЛЕЛДІКТЕР» ЖІГЕР ТАНЫТТЫ

Студент жастарды Елбасының бастамасымен қолға алынған «Жасыл ел» бағдарламасына қатыстыру игілікті іс. Бәріміге мәлім, 2005 жылғы 18 қыркүйекте «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы құрылған еді. Сол уақыттан бері белсенді жұмыс жасап келе жатқан облыстық «Жасыл ел» штабы Елбасы Жолдауын жүзеге асыруға атсалысып келеді. Бұл мақсатқа 2005-2011 жылдар аралығында 4 мыңнан астам жастар мен студенттер тартылып, елді мекендерді абаттандыру жұмысына үлестерін қосты. Ал биылғы жылы жұмыс берушілер тарапынан «Жасыл ел» жасақшыларына жұмыс беруге, демалуларын қорғауға, техникалық қауіпсіздік шараларын сақтауға кең көмек беріледі. Көңіл қуантар нәтижелер де баршылық. Бұл туралы І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыстық «Жасыл ел» штабы мен «Жетісу жастары» жастар орталығының ұйымдастырушымен өткен «Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» атты жастар марафон-эстафетасының, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының жұмыс маусымының жабылу салтанатында сөз болды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Облыстық ішкі саясат басқармасы, аудандық және қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің жастар ісі жөніндегі мамандары, «Жасыл ел» жасақшылары, жоғары және арнаулы оқу орнының студенттері, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысқан салтанатты шараны айтуға болады. Елбасымыз жастарға қалай сенім артса, олардың шындалуына, тәжірибе жинақтауына, сапалы білім, саналы тәрбие алуына облыс әкімі Аңсар Мұсабаков та көңіл бөліп, қолдау танытып келеді. Сондықтан облыс әкімі атынан сіздерді құттықтауға рұқсат етіңіздер. Қазірде облыс тұрғындарының үштен бірі жастар болса, оның ішінде 354 жас облыс әкімінің гранттымен білімін жалғастыруда. Жастардың әлеуметтік жобаларын қолдауға арналған қаржы 30 миллион теңгеге дейін көбейтілді.

(Жалғасы 2-бетте).

БАСПАСӨЗ – 2012

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
1 айға – 1000 теңге (индексі – 16469); **3 айға** – 2000 теңге (индексі – 17469); **6 айға** – 3200 теңге (индексі – 18469); **1 жылға** – 5700 теңге (индексі – 15469).

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҮШІН:
1 айға – 700 теңге (индексі – 36469); **3 айға** – 1300 теңге (индексі – 37469); **6 айға** – 2000 теңге (индексі – 38469); **1 жылға** – 3350 теңге (индексі – 35469).

БЮДЖЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН:
1 айға – 800 теңге (индексі – 46469); **3 айға** – 1400 теңге (индексі – 47469); **6 айға** – 2100 теңге (индексі – 48469); **1 жылға** – 3650 теңге (индексі – 45469).

ЖАЛПЫ ЖЕКЕ ЖАЗЫЛУ:
1 айға – 900 теңге (индексі – 66469); **3 айға** – 1500 теңге (индексі – 67469); **6 айға** – 2200 теңге (индексі – 68469); **1 жылға** – 4000 теңге (индексі – 65469).

– «Газет – қалықтың көзі, құлағы һәм тілі» – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, күнделікті жаңалықтармен хабардар болып отыруда қазақ басылымының алар орны ерекше. Сынғаттай сырғыған уақыт лебіне ілесіп, тың да соны жаңалықтар берудегі қаламы қарымды журналистердің еңбектері көңіл тоғайтады. Марқұм әкем де Жетісудың тыныс-тіршілігін тізбектеп жалатын «Жетісу» газетін жатағастана оқитын еді. Газет бетін парақтай отырып оқитын әкемізді айналшақтап жүрші мен де бірді-екілі мақалаларға көз тоқтататынмын. Сондағы осімде қалғаны «Бала тілі – бал», «Зерде», «Денсаулық» деген айдарлар бойынша берілетін мақалалар болатын. Қысқа да нұсқа тақырыптарды ерінбей шолып өтудің арқасында газет оқуға деген шыта-мықласымыз артып, бұл күнде оқырмандары ардақ тұтатын «Жетқу» газетінің



Дәулет ДӘРКЕМБАЙҰЛЫ, Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының металды өңдеу кафедрасының оқытушысы, ұста Дәркембай атындағы қолөнер музейінің директоры, ҚР Суретшілер одағының және ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі:

ҚОЛӨНЕР – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәуелсіздің төрге қадам басқан тарихы тереңнен тамыр тартатын көне бақсылығымен жаңа ғасырдың жарқын жаңалықтары мен тәуелсіз елімізді өнсеруген әр жылдардағы жетістіктерін жазудағы шығармашылық зерттеу, ізденулерімен оқырман қоғамнен шығатындығы ең құмән келтірмейді. Өзімнің негізгі мамандығым халықтың қолөнерімен тікелей байланысты болғандықтан өнер әлемінде қатысты дүниелерді таптыстен оқитынымыз рас. Бұл орайда, танымдық тұрғыдағы Жетісу жерінен шыққан жекелеген тұлғаларға арналған мақалаларды кәлт жібермеуге тырысамын. Өйткені, онда көбінесе тарихымызға қатысты деректер де қамтылып жатады. Сонымен қатар, әр сенбілік нөмірінде өмірімізде орын алып жататын түрлі тақырыптарды қозғайтын зерттеу әр санын үзбей оқуды дағдыға айналдырдым десем асыра айтқандық емес.

Тәуелсіздің төрінде қадам басқан тарихы тереңнен тамыр тартатын көне бақсылығымен жаңа ғасырдың жарқын жаңалықтары мен тәуелсіз елімізді өнсеруген әр жылдардағы жетістіктерін жазудағы шығармашылық зерттеу, ізденулерімен оқырман қоғамнен шығатындығы ең құмән келтірмейді. Өзімнің негізгі мамандығым халықтың қолөнерімен тікелей байланысты болғандықтан өнер әлемінде қатысты дүниелерді таптыстен оқитынымыз рас. Бұл орайда, танымдық тұрғыдағы Жетісу жерінен шыққан жекелеген тұлғаларға арналған мақалаларды кәлт жібермеуге тырысамын. Өйткені, онда көбінесе тарихымызға қатысты деректер де қамтылып жатады. Сонымен қатар, әр сенбілік нөмірінде өмірімізде орын алып жататын түрлі тақырыптарды қозғайтын зерттеу материалдарынан да берер тәлім-тәрбиесі аз емес. Осындай құнды, мағыналы тақырыптарды оқыған сайын рухани нәр алып кана қоймай, таным-түсінікті кеңейтуге де мықпал ете алатындығы қуантады. Жыл сайын «Жетісу» газетіне жазылу – біздің отбасымыздың айтылмас әдеті.

Тәуелсіз оқырманның жаңа сарапшы атағы, бүгінгі күн-қуат беруі басылымның жылдар тізе тақырыптарын көлемі шұғыл іздеуі.

ЖЫЛДЫҚ БАЛАМА ЖАЗЫЛУ: **заңды тұлғалар үшін** – 5050 теңге; **жалпы жеке жазылу** – 3550 теңге; **бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін** – 3350 теңге; **зейнеткерлер үшін** – 2900 теңге.

БИІК РУХ, КЕҢ ТЫНЫС, ТЫҢ СЕРПІНМЕН

(Соңы. Басы 1-беттен).

Ия, отандастар! Биылғы 17 жыл бұрын мен Президенттің құрылымы мемлекеттің сыналатын сапалық сермеулікке ие жетістіктің.

Қазақстан, Беларусь және Ресей Кедендік одағы жұмыс істей бастады. Бір ауыз бұрын Москвалық 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастыру туралы уш жақты уағдаластыққа қол қойылды.

Бұл одақтың бірінші. Тәуелсіздігіміздің тағы бір кепілі болып табылады және бізден сыртқы экономикалық қауіпсіздігімізді бек етеріне түрғыластырылғанымызды айтқымыз келеді.

Айтылғандардың барлығы – біз 5 жыл бұрын жариялаған партия тұрғынмасының іс жүзінде орындалуын нақты нәтижесі.

Сондықтан, «Нұр Отан» партиясы қалың бірлігімен, елді тек қана алға – жаңа жетістіктерге жетелейтін жаңалық пен жаңарудың партиясы болды және болып қала береді!

Қымбатты қазақстандықтар!
Құрметті съезд делегаттары!

Бізден еліміз нұсқамды модернизация шуғыл нық басып келеді.

Бұл жаһандық дағдарыс ортақ мұрамыз емес. Ол – бізге белгілі бір дәрежеде ықпал етеді.

Бұл жаһандық дағдарыс – ең алдымен, Америка Құрама Штаттарында, Австралияда өткір көрінуде.

Барлығына шұғыл тиіп тұр.

Әлемдік дағдарыс, әрине, бізге де әсерін тигізетін болады. Және ол өткен кезеңдегідей бізден жоспарларымызға да түзету енгізуді ықтимал.

Сондықтан, барлық табыстарымызға қарамастан, біз кез келген күтпеген жағдайларға дайын болуға тиіспіз.

Қазіргі заманғы саясаттың басты мәселесі – мемлекеттің нақты бағдары туралы мәселе.

Ондаған елдердегі қазіргі мазасыз оқиғаларды, жалпылай алғанда, мемлекеттік құндылықтар дағдарысы деп атауға болады.

Әлем қоғамның басты игілігі құдды бір ақша болып табылатындай, айырбас пен жинақтау құралынан жалған «жоғары құндылықтарға» айналып, мәнәтарізм әлемсын елеусіз ғана «жұтып қойды».

Сондықтан, қазіргі мемлекеттерді сауықтыру – ешнәрсе болмайтын арнаулық құралдарға қайта оралу.

Әділеттіліктен ауытқудың өзі әлемдік дағдарыстың түбегейлі себебі болып табылады.

Әділеттілікті жалпына келтіру дағдарыстан көбінді әлемнің негізі болады.

Әділетті халықаралық қатынастар қажет.

Әділ әлемдік валюталарды әділ халықаралық қаржы жүйесі қажет.

Бай және кедей елдер арасындағы айырмашылық өсе түседі.

Бүгінгі әлемде көптеген адамдар экономикаға толықшалы қатысу, әлемдік экономикалық өсудің барлық игіліктерін алу мүмкіндіктерінен айырылған.

Бұл тепе-теңсіздіктерге, әлеуметтік шиеленістер мен дау-жанжалдарға апарып соқтырады.

Мен осыған дейін де айтып келгендей, Қазақстан ел азаматтарының экономикалық әсуге кепілін қамсызына жол ашатын мемлекеттің ең жаңа құрылымын қалыптастыруға кірісті.

Халықтық IPO жүйесі арқылы қазақстандықтар елдің стратегиялық активтерінің меншік иелері бола алады.

Оның не екенін халыққа түсіндіру қажет. Әлемдік деңгейге танылған ірі ұлттық компаниялар акцияларының бір бөлігін алу арқылы бізділ азаматтарымыз еліміз байлығына иелік етіп, дивиденттер мен табыстар тауып тұра алады.

Келесі жылдың өзінде-ақ халықтық IPO-ға алғашқы болып «ҚазТрансОйл», «KEGOK» және «Әйр Астана» шығады. Олардан соң қалған ірі ұлттық компаниялар да қосылады. Ал 2014-2015 жылдары «ҚазМұнайГаз» шығатын болады.

Халықтық IPO бағдарламасы – әншейін жаңа бұқаралық жеңелдіктер емес.

Ол ғайыпты өмір сүрген жатқан жаңа меншік иелерінің бұқаралық табын құру үлгісі.

Халықтық IPO үшін сенімді қаржылық негіз қалыптастыру және дамыту Мәжілістің келесі құрамының бірінші кезекті міндеті болып табылады.

Мұның ерттында барлық құқық қорғау органдарындағы реформаларды терендетіп, жұмысты жалғастыру қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейте түсу керек.

«Нұр Отан» партиясы сыбайлас жемқорлыкпен күрес жөніндегі үш жүздеп астам қоғамдық кеңестердің жалпыұлттық желісін құрып, оған басшылық жасап отыр.

Азаматтардың бір мыңнан астам өтініштері қаралып, олардың көпшілігі бойынша қылмыстық істер қозғалды, нақты шенеуніктер жазаланды.

Біз сыбайлас жемқорлыкпен күрес мәселесінде мырасыз болуға тиіспіз.

Партия сыбайлас жемқорлыққа қарсы кең көлемді қозғалыстың басында болуға тиіс және болады да.

Бізім беру мен денсаулық сақтаудың әділ жүйесі, әділ әлеуметтік қорғау, әділ жастар және тұрғын үй саясаты – бұлар біздің дамуымыздың жаңа кун тәртібіндегі мәселелер.

Олар «Ұлттық іс-қимылдар жоспары – Қазақстан. 2017-нің мақсаттарында» көрініс тапқан.

Біріншіден, бізім беру саласында біз ата-аналар балаларының оқуына қаржы жинау үшін дер кезінде аша алатындай оқыту депозиттері жүйесін енгізуіміз керек.

Келесі бес жылда 3 мыңнан астам балабақшалар мен мектеп жасына дейінгілер үшін дамыту орталықтары ашылып, кемінде 400 жаңа мектеп салынады. әлемдік деңгейдегі кәсіптік колледждер желісін құру жөніндегі жоба жүзеге асырылады.



Барлық білім беру ұйымдарының 90 пайызын астамын кең жолақты интернетке қосу, 60 пайызында электронды оқыту жүйесін енгізу міндетін алға қоямын.

Педагогтардың еңбекақылары олардың біліктілігіне байланысты 30 пайыздан 100 пайызға дейін өседі.

Екіншіден, денсаулық сақтау жүйесі үш жаңа дәрігерлік амбулаториялармен, елу емханалармен және фельдшерлік-акушерлік пункттермен толықтырып болады.

Әр облыста авиацияны қолдану арқылы шұғыл көлік медицинасы енгізіледі. «Денсаулық» медициналық пойыздарының саны артады.

Сапалы медициналық қызметтер қолжетімді болу үшін барлық қазақстандықтарға бірдей жағдайлар тұғызылады.

2017 жылға қарай ана мен бала өлімі көрсеткіш бір жарым есе төмендетіледі.

Үшіншіден, әділ әлеуметтік жүйе – бұл ең алдымен лайықты жейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақы халыққа төленетін отемақылар.

2017 жылға қарай арқаулық зейнетақы төлемдері мен атаулы әлеуметтік көмек ең төменгі күнкөріс деңгейінің кем дегенде 60 пайызын құрайтын болады.

Сонымен бірге, мүгедектер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды ықтимал алушылардың өзге топтарының әлеуметтерін жүзеге асырулары үшін мүмкіндіктерді кеңейту жөнінен нақтылы жұмыс жүргізу қажет.

Таяудағы бес жылда несне сомасы 3 миллион теңгеге дейін жететін селолық кәсіпкерлерді шағын несиелеу бағдарламасы жүзеге асырылатын болады.

Сіздер «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының жүзеге асырылып жатқанын білесіздер. Еңбекке қабілетті азаматтар жұмыс істеуі керек. Бұл біздің негізгі көмегіміз. Мемлекет бүгінде көмек көрсетіп отыр. Ауылдық жерде іспен айналысқысы келетіндер үшін – ол 3 миллион теңгеге дейінгі шағын несиелер. Онда жұмыс істей алмайтындарды біз мемлекет есебінен қалаларда оқуға шақырамыз, оларды тұрғын үймен қамтамасыз етіп, жұмысқа орналастырамыз. Мұны түсіндіру керек. Бұл біздің жағдайымызда өте маңызды бағдарлама. Бізде өте көп мигранттар жұмыс істеуде. Қазақстанда жұмыссыздар саны мейлінше аз болуы тиіс. Ол үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар. Бірақ, ең алдымен, адамның өзінің еңбек етіп, өзінің және өз отбасының тұрмысын жақсартуға деген ниеті болуы қажет.

2018 жылы Қазақстан тұрғындарының табыс деңгейі жоғары елдер тобына енуі тиіс.

Төртіншіден, алдағы бес жылда 24 миллион шаршы метрден кем емес тұрғын үй құрылысын қамтамасыз ету қажет.

Жергілікті әкімдіктерге азаматтардың, әсіресе, жас отбасыларын тұрғын үй жинақ салымдарына қымбат емес тұрғын үй құрылысын жүргізуіне қолдау көрсетілетін болады.

Біз қалаймыз ба, әлде қаламаймыз ба, ауылдан қалаға көшу жүріп жатыр. Ол жалғаса беретін болады. Негізінен олар орныкты жалдақы, ешқандай мамандықтары жок жастар. Біздің міндетіміз барлық жерлерде, барлық қалаларда, облыстарда, өңірлерде олардың белгілі бір жерлерде өмір сүріп, осы бағдарлама бойынша мамандықтарға оқып және іске араласуына жағдайлар жасау.

Тұрғын үй тақырыбын жалғастыра отырып, аз қамтамасыз етілген азаматтардың жөндеу жұмыстарына атаулы көмек және құрылыс жүргізуге мақсатты жарналар алатындығын айтқым келеді.

2017 жылға қарай қалалардың бәрі орталық сумен жабдықтаумен 90 пайыз қамтамасыз етіледі, 30 мыңнан астам коммуналдық желілер қайта жаңғыртылады.

Бізден өзгеде коммуналдық істер бойынша ешқашан мұндай көлемде жұмыс жүргізілген емес.

Бесіншіден, әділ жастар саясаты жас кәсіпкерлердің индустрияландыру бағдарламаларына белсенді араласуына негізделетін болады.

Біз жас мамандарға, жас отбасыларға қолдау көрсету бағдарламасын жүзеге асырудамыз.

Құрметті Күштерде, полицияда және өзге де күштік қорғау органдарында қызмет арқылы Отанға қызмет ету мамандығын таңдаған жастарға тұрақты қызықорлық көрсету – айрықша мәселе.

Біз бұл жерде әскери қызметшілер отбасылары үшін орын алған түрғын үй проблемаларын толық жабуға тиістіз.

Бұл аспектілердің бәрі бізділ сайлауалды бағдарламамызға енгізілген. Оларды нақтыландыру менің келесі жылғы Жолдауымда одан әрі дамытылатын болады.

«Нұр Отан» партиясының «Халық даусы» акциясына атсалысқан бір миллионнан астам қазақстандықтар Ұлттық іс-қимылдар жоспарының тең авторларына айналды.

Бізділ партиямыз – халықтық-демократиялық, сондықтан ол барлық қазақстандықтардың мүдделерін бейнелейді.

Бізділ сидігі берпшпмыз – барлық кезде де әділдік партиясы болып қалу.

Өйткені, ол «Нұр Отан» партиясының ұзақ мерзімді саяси көшбасшылығының, қазақстандық сайлаушылар сенімдерінің жоғары деңгейін бүтіндей ондаған жылдар алға оза отырып ұстап тұрудың басты кезеңі және негізгі шарты.

Құрметті делегаттар!

Алда тұрған Мәжіліс сайлауы – саяси жүйесін модернизациялаудағы маңызды кадам.

Орталық мемлекеттік билік органдарын жаңарту үдерісі Мәжіліс пен мәслихаттардан басталады.

Сондықтан парламенттілердің мерзімінен бұрын сайлау өткізу туралы бастамасы терең құрметке лайық.

Сайлаушылардың ерік білдіруі арқылы 2007 жылғы конституциялық реформаның маңызды нормасы мерзімінен бұрын жүзеге асырылатын болады.

Дауыс беру қорытындысы бойынша алғашқы кезекте 2 партиялы фракцияның қатысуымен, көп партиялы негізде жұмыс істейтін Парламент қалыптасырылады.

Одан соң жаңа Үкімет жасақталып, министрліктер мен ведомстволар сапалық тұрғыда жаңғады.

Осылардың бәрі барлық саяси партиялардың жаңғыруына деңгейін арттыра түседі.

Бүтінде жаңа жағдайлардағы саяси бәсекелестік мағынасының неде екенін айқын түсінудің маңызы зор.

Егер әлемге көз салар болсақ, XXI ғасырда тарихты партияның күші оның экономикасын билуінде емес.

Партияның күші – оның жұртшылықты сындықтар сокпалардан алып өту, тұрақтылық пен халық бірлігін нығайта білу қабілетінде.

«Нұр Отан» – осындай партия.

Біз оны өз тарихымызбен, өзіміздің Қазақстан үшін және қазақстандықтардың игілігі үшін тынымсыз атқарған жұмысымызбен дәлелдедік.

Сонымен бірге Саяси кеңес Бюросының бастап, бастауыш ұйымға дейін – бәрінің де саяси жұмыстардың жаңа формаларын меңгерулері керек.

Бірінші. Бізділ партияда кадр саясатының айқын жүйесі болуы тиіс.

Аудан мен облыс департаменті басшысынан бастап министрге дейінгі мемлекеттік менеджерлердің жауапты қызметтеріне кадрлар іріктеудегі партиялық роліи күшейту қажет.

Екінші. «Нұр Отан» партиясы стратегиялық мемлекеттік бастамалар жасаудың орталығы болуға тиіс.

Маңызды заңдар мен бағдарламалар жобаларының партия алаңдарында – съездер мен конференцияларда, Саяси кеңестің кеңейтілген отырыстарында алдын-ала талқылануының маңызы зор деп есептеймін.

Үшінші. Партия басшылығы мен оның Парламенттегі фракциясы қызметінің біртұтас алгоритмі қажет.

Барлық мәслихаттардағы нұротандық депутаттар жұмыстарын үйлестіруді айқын жүйесі болу керек.

Төртінші. Жаңа тұғырнаманың орындалуы партия басшылығының қатаң бақылауында болуы тиіс.

Орталық аппаратта индустрияландыруды, әлеуметтік модернизациялауды, тұрғын үй саясатының, жастармен, ардагерлермен, ҮЕҰ-лар және басқалармен жұмыстардың маңызды бағыттары мен жобалары бойынша кураторлар институтын құру қажет.

Бесінші. Электораттық кезеңде «Нұр Отан» партиясы өзге саяси партияларсы, кәсіподақтармен және ҮЕҰ-зармен ынтымақтастық туралы сайлауалды меморандумы саясаты құралдарды пайдалануы керек.

Мен осы сайлауға қатысатын барлық саяси партиялар халық алдындағы, өз алдындағы, әлемдік тарихтың күрделі кезеңі алдындағы және дағдарыс алдындағы жоғары жауапкершілікті басшылыққа алып, бізділ қоғамымыздағы тұрақтылықты, тыныштықты сақтау үшін ынтымақтастық танытып, саяси күреске нақтылы және әділті болады деген сенім білдіргім келеді.

Президент ретінде мен жаңа Парламентте де және бізділ елімізде де өкілдікке не барлық саяси күштермен жұмыс істейтін боламын.

Барлық парламенттік партиялардың жемісті жұмыс істейтініне, тек қана бізділ Отанымыздың ұлттық мүдделерін басшылыққа алатынына сенімдімін.

Бізділ халқымызға, бізділ ұрпақты дамып келе жатқан елімізге кереғі де дәл осы.

Қымбатты достар!

Ұлы күн – Тәуелсіздіктің 20 жылдығына аз ғана күндер калды.

Мен барлық делегаттарды, барлық нұротандықтарды алда келе жатқан мерейтоймен алдын-ала құттықтаймын!

XXI ғасырда тек күшті мемлекеттер ғана табысты дами алады.

Көшбасшы саяси партия ретінде «Нұр Отан» елдің болашағы, қоғамдағы тұрақтылық пен алдағы ондаған жылдарға арналған саяси бағыттың сабақтастығы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Сіздерді бәрінен осы жылдар бойы менің командам болдыңыздар. Сіздердің көпшілігіңізді мен ұзақ жылдардан бері білемін. Мен сіздерге сенімім және сенемін және әрқайсыңызға үлкен міндеттер жүктеймін!

Ұжымның өзі бізден бірлікті талап етіп отырған бүтінгі күні командалық рух пен топтасқандық өте маңызды.

Тек солай ғана біз болашакка, жаңа жеңістерге, жаңа табыстарға бара аламыз!

Алға, «Нұр Отан»!

Алға, Қазақстан!

Құрметті съезд делегаттары!
Қадірлі қонақтастарым!

Бізділ алдымызда елімізді аскар асуларға бастайтын тарихи маңызы зор тағдырлы шешімдер қабылдау міндеті тұр.

Мен «Нұр Отан» партиясының XIV съезі жаңа кезеңге белгіленіп бастауы болады деп ұмт артамын.

Бізділ қуатымыз – бірлікте.

Біз берік бірлігіміз бен бекем тірлігіміз арқылы ұлан-ғайыр жетістікке қол жеткіздік.

Алдағы уақытта да иық тіресе жүріп, биік белестерді бірге бағындыра беретініміз сенемін.

Бізділ бағытымыз айқын, болашағымыз жарқын.

Ендеше, осы жолда барша халқымызға толайым табыстар тілеймін.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын!

Алға, Қазақстан!



«Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен Тіл сарайында «Мемлекеттік бағдарламаның орындалуы» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Шараның мақсаты – Елбасы Н. Назарбаевтың тапсырмасын орындау барысында әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуын қадағалау. Жиынды «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Жомартқали Жексенбин ашып, Елбасының халыққа арнаған Жолдауы мен Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын орындауда облысымыз бойынша жүзеге асып жатқан мемлекеттік бағдарламаларға тоқталды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА?

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Биылғы жылдың өзінде құны 8,1 млрд. теңге болатын 8 инвестициялық жоба пайдалануға берілуі тиіс. Соның ішінде «Мойнақ» ГЭС-і мен «Жетіген – Қорғас» теміржол желісінің құрылысы республикалық жобаға жатады. Бұл екі жоба ірі индустриалды серпіліске негіз бола алады. Сол сияқты біріншi жартыжылдықта құны 4,3 млрд. теңгелік 5 нысан іске қосылған.

Жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында облыста «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы да жүзеге асырила бастады. Од бойынша бүтінге дейін 19 жұмыспен қамту орталығы ашылған. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы негізінде құны 10,1 млрд. теңге болатын 31 жоба қарастырылып, «Даму» қоры арқылы қолдау тапты. Жалпы облыс бойынша мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына 37,3 млрд. теңге қарастырылған. Оның ішінде 24,5 млрд. теңге республикалық бюджет есебінен, 12,8 млрд. теңге облыстық бюджет есебінен бөлінген.

«Ақбұлақ 2011-2020» бағдарламасы аясында ауылдық жерлердегі 196 елдімекен мен 5 қаланы сапалы ауыз сумен қамту және 120 ауылды орталықтандырылған су жүйесіне қосып, оны пайдалануды халықтың санын 132 мың адамға жеткізу көзделіп отыр. Қазіргі кезде 48 нысанның сумен қамту жүйелерін қайта жаңбдықтау мен құрылысын жүргізуге қажетті құны 6,1 млрд. теңгелік жобалық-сметалық құжаттар дайындалу үстінде. Бұл облыс тұрғындарын қажетті мөлшерде сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру да кезек күттірмейтін мәселе. Облыс бойынша балабақша кезегінде 18 мыңнан астам бала тұр. Бүтінгі күні мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен қамту 39 пайызды құрайды, бұл республикалық көрсеткіштен төмен. Сондықтан бұл бағытта әлі атқаратын ауқымды жұмыс бар.

Осы сынды мемлекеттік бағдарламаның орындалу барысына егжей-тегжейлі тоқталған «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Жомартқали Жексенбин бұдан ары сөз кезегін мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына жауапты басқарма басшыларына берді.

Алғашқы болып сөз алған облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасары Сексенбай Бекішов Қазақстанның 2011-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда бірқатар жұмыстың атқарылып жатқандығына тоқталды. Атап айтар болсақ, Алматы облысы бойынша республикалық және аумақтық индустрияландыру карталарына құны 1 триллион 905 млрд. теңгені құрайтын 41 инвестициялық жоба енгізілген. Биылғы жылдың өзінде 10 жоба іске асырылып, жанадан 806 тұрақты жұмыс орны ашылған.

Келесі кезекте есеп берген облыстық құрылыс басқармасы бастығының орынбасары Мұхтар Батқалов 2011-2014 жылдарға арналған мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасына сәйкес атқымдағы жылы 24,4 мың шаршы метрді құрайтын 422 пәтерлі 108 тұрғын үйдің құрылысы салынып жатқандығына тоқталды.

Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламаның орындалуына орай облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Маралбек Мейірбеков, Талдықорған қалалық партия филиалының партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Ерғали Сыдыманов, облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары Бағдат Танекенов есеп берді. «Қайнар АКБ» кәсіпорны мен «Азия-электрик» ЖШС-і өз іс-тәжірибелерін ортаға салды.

Жиынды «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ерғазы Қошанбеков қорытындылап, мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда атқарылып жатқан жұмыстарды жоғары бағалады. Шара соңында мемлекеттік бағдарламалардың облыс бойынша орындалу барысына арналған Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының партиялық бақылау комиссиясының ұсынысы қабылданды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ШУАҒЫ

Ел тарихында XXI ғасырдағы аса бір күрделі кезең аяқталып келеді. Дүние жүзінің экономикасын тұралатқан жаһандық дағдарыс даулы әлі басыла қоиған жоқ.

1997 жылы «Қазақстан – 2030» Стратегиясын қабылдап, біз елдің ұзақ мерзімді күн тәртібін, басты мақсаттар мен басымдықтарын калыптастырдық, кейін олар 2010 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарда қисынды түрде дамытылды. Орташа айлық жалақы 5 есеге, ал зейнетақының орташа мөлшері 3 есеге өсті. Халық денсаулығының негізгі көрсеткіштері жақсарды. Күтілетін өмір ұзақтығы 65-тен 68 жасқа дейін ұлғайды. Ана өлімі екі есеге азайды, бала туу бір жарым есеге өсті.

ӨМІР СҮРУ САПАСЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Біздің жетістіктерімізді мойындай отырып БҰҰ өзінің 2009 жылғы баяндамасында Қазақстанды адам өлеуетінің жоғары деңгейі бар елдер санатына қосты. Бұл – біздің ел-аукатымыздың өсе түсуінің дәлелді дәлелі. Он жылда 350 мың отбасы, демек, 1,2 миллион адам тұрғын үйге не болды. 32 мың шақырым жолдар салынды және жөнделді, бұл Қазақстанның барлық жолдарының үштен бірі.

Кәсіпкерлік – жаңа экономиканың қозғаушы күші, бұл бағдарламаның мақсаты өңірлерде кәсіпкерлікті, бәрінен бұрын шағын және орта бизнесті, жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу болды. Бұл бағдарламада колледждер де бар. Өйткені, онда бүгінгі заман талабына сай мамандар даярланады. Бүгінгі таңда Талдықорған қаласында 11 колледж жұмыс істеп тұр. Осы оқу орындарының елімізде жарқын болашағын қалайтын мамандарды тәрбиелеудегі орны зор.

Е. ҚАСҚАРАУОВ,
Талдықорған өңірі бойынша еңбек инспекциясының бөлім бастығы.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Жақында «Достық» үйінде жастардың практикалық конференциясы өтті. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орналған шараны облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің колледжі ұйымдастырды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Шараны облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай, колледж директоры Айгүл Мұхамедиева құттықтау сөзбен ашып, пленарлық мәжіліспен жалғасын тапты.

Конференция «Тәуелсіз ел тарихы», «Тәуелсіздіктің толағай табыстары», «Қазақ елі, бүгінгі мен болашағы» атты үш секция бойынша жұмыс істеді. Оларға І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті колледжінің оқытушысы Айгүл Қайнарбекова, колледждің «Толеранттылық» мектебінің жетекшісі Қайни Бижанова, Талдықорған заң колледжінің директоры Мықтыбек Рахымбеков жетекшілік етті. Жалпы 33 баяндама жасалып, талқыланды.

Қатысушылар үзілісте қаланың көркі жерлерін аралап, өңір өркениетімен танысса, шара барысында «Қазақстан жастары» атты концерттік бағдарламаны тамашалады.

Екі күнге созылған шараның соңында жеңімпаздар Ассамблея дипломымен марапатталса, бұл жұмысты жалғастыру мақсатында студенттер «Ынтымақтастық» меморандумына қол қойды.

СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ

КВОТА ала аламын ба?

Құрметті редакция! Мен отбасымен бірге 2002 жылы Өзбекстаннан Іле ауданына қарасты Жаңадәуір ауылына едім. Қазір сол жерде аман-есен тұрып жатырмыз. 2008 жылы Қазақстан азаматтығын алдық. Отбасымда бес кісіміз. Бірақ біз Үкімет беретін жеңілдікті (квотаны) алмадық. Себебі, ол уақытта заңда сәйкес, «Кімде-кім Қазақстан азаматтығын алған болса, оған квота тиесілі емес», – деп түсіндірді облыстық көші-қон департаментінің мамандары. Ал енді жақында жаңа көші-қон заңы қабылданды және ол заң бойынша басқа елден ата-жұртына қоныс аударған азаматтарға (квота алмаған) квота беріледі екен деп естіп жатырмыз.

Біздің құжаттарымыз облыстық көші-қон департаментінде 2007 жылдан бері жатыр. Енді жаңадан қабылданған заң бойынша квота ала аламыз ба? Осы сауалмен Іле аудандық көші-қон бөлімне хабарласқан едім, олардың таралынан нақты жауап ала алмадым. Сондықтан халық айнасы есептелетін «Жетісуға» хат жазып отырмын.

Өтебай ЖАНАБАЕВ.

ІЛЕ АУДАНЫ.

Оқырман хатына облыстық ІД ККІБ-ның бастығы полиция подполковнигі Э. НҰРСЕЙІТОВ жауап береді:

– Іле ауданы, Жаңадәуір ауылының тұрғыны Өтебай Жанабаевтың отбасы туралы «Оралман деректі қоры» бағдарламасында ешбір мәлімет тіркелмеген. Егер 24.01.1966 жылы туған Жанабаев Өтебай Сағиналиевич осы адам болса (отбасы құрамы 5 адам, жұбайы Адилова Салима Азербаевна), 11.08.2004 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің №1420 Жарлығы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған. Азаматтықты қабылдағаннан кейін 03.03.2005 жылы, жыл сайынғы көшіп келу квотасына қаралуға өтініштерін Шығыс Қазақстан облысының көші-қон департаментіне тапсырған. Қазіргі кезде сол облыста «Оралман деректі қорында» есепте тұр.

2011 жылғы 22 шілдеде бекітілген №477-IV ҚР-ның «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 18-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының аумағында болатын этникалық қазақ халқының көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне оралман мәртебесін беру және (немесе) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу туралы өтініш беруі қажет екендігі көрсетілген. Сол бойынша бүтінгі таңда бес күн ішінде оралман мәртебесі берілін, тұрақты тіркелу қалған оралмандарды көшіп келу квотасына үміткерлікке тіркеуге алып, «Оралмандар деректі қорына» енгізу мәселесі толыққанды жүзеге асуда.

Заңның 21-бабының 4-тармағында Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін оралман ретінде белгіленген тәртіппен оралмандардың көшіп келу квотасына енгізуге өтініш берген Қазақстан Республикасы азаматының өз мен оның отбасының осы квотаға енгізілуге құқығы бар деп көрсетілген. Сондықтан осындай талаптарды қанағаттандырып оралман мәртебесін алып, тұрақты тіркелген және 16.08.2011 жылдан кейін Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған ағайындар қазіргі кезде көшіп келу квотасына енгізілін, квотаға бөлінген қаражатты толығымен алуда. Бұрындары келіп ҚР-ның азаматтығын алып қойған қандастар осы жайтты қате түсініп, көші-қон полициясы басқармасына келіп толыққанды түсініктеме алуда.

2011 жылғы 22 шілдеде бекітілген «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа Заңның 62-бабының 1-тармағында осы заң қолданысқа енгізілгенен кейін туындаған халықтың көші-қоны саласындағы қатынастарға қолданылады деп көрсетілгендіктен, бұрын ҚР-ның азаматтығын қабылдаған отбасыларын көшіп келу квотасына енгізіп, қаражат төлеу мүмкіндігі жоқ. Сондықтан Ө. Жанабаевтың отбасын енді көшіп келу квотасына енгізіп, қаражат беру заң талаптарына сәйкес келмейтінін хабардаймыз. Қосымша ақпаратты 8(7282) 27-04-15, 27-04-17 телефондары арқылы алуларына болады.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР бөлімі.

«Дөңгелек үстел»

ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының жанында этносаралық қатынастар мәселелері бойынша жетекші журналистер мен сарапшылар клубы жұмыс істейді. Аталған клуб Достық үйінің конференц-залында кезекті отырысын өткізіп, кезіктірі уақыттағы БАҚ және дінмен өзара іс-қимылдарының ерекшеліктерін талқылады. «Оған клуб мүшелері, сарапшылар, облыстық этномәдени орталықтардың, облыстық ведомстволық құрылымдардың өкілдері қатысты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Отырыста облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғ. Тұрсынбай облыстағы қоғамдық-саяси ахуал туралы хабарлама жасады. Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы этносаралық қатынастар мәселелері бойынша жетекші журналистер мен сарапшылар клубы төрағасының орынбасары, клуб жетекшісі, облыстық «Огни Алатау» қоғамдық-саяси газеті бас редакторының орынбасары А. Идигов «Дін саласындағы төлеранттылық, қоғамдағы тұрақтылыққа қауіп-қатер тудыратын, қалыпты құрылымды бұзуға бағытталған күштерге және діни ағымдарға қарсы іс-әрекет» тақырыбында өзүіме өрбітті.

Ал облыстағы дін саласы туралы қысқаша ақпаратпен дін істері жөніндегі облыстық басқарманың басшысының орынбасары Қ. Омаров таныстырды. Сондай-ақ, Жолдасбеков атындағы академияның доценті, ғылым кандидаты Тимур Бигожанов «Дін ұстану еркіндігімен дін саласындағы мемлекеттік саясаттың ақпараттық-құқықтық базасын нығайтуда қоғамдық пікірдің әсері және қалыптасуы» тақырыбында сөз сөйледі.

Сонымен қатар, «Нұр» мешітінің наиб имамы А. Данекулов, православиелік шіркеудің протоиереі Ю. Дидичин қоғамның діни білімін қалыптастырудағы дін қызметкерлерінің өкілдігі жайына тоқталды. І.Жансүгіров атындағы «Жетісу» мемлекеттік университеті философия және тарих кафедрасының аға оқытушысы жайына Г. Исағалиева діни тақырыпты баспасөзде жарыққа шығарудың әдістерімен бөлісті.

Соңында шараға қатысқан әр сала өкілдері өздері бірлік пен ынтымақты нығайту жолында бірлесе жұмыс істеуге, ортақ идея төңірегінде ұйысуға уағдаласты.

Халықаралық конференция

ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің БҰҰ, Бүкіләлемдік кеден ұйымы, ЕҚЫҰ сарапшыларының, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері мен Армения, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Украина және Қазақстан кедендік әкімшіліктері қызметкерлерінің қатысуымен «ТМД елдеріндегі кедендік әкімшіліктер үшін тәуекелдерді басқару» тақырыбында халықаралық конференция өтті.

БАҚЫЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ АРТАДЫ

Үш күнге созылған халықаралық конференция барысында Орта Азия және Кедендік Одақ елдерінде кедендік бақылаудың тиімділігін жүзеге асырудың жолдары қарастырылды. Соның ішінде әлемде аса маңызды болып отырған тәуекелдерді басқару жүйесіне баса назар аударылды. Тәуекелдер жүйесін енгізудегі мақсат – қажет ететін жерлерде бақылаудың заңды әрі жедел көрсеткіштеріне қол жеткізу.

Кеден тақырыбында тәуекелдер аймағы ретінде мынадар қарастырылады: кедендік және салықтық төлемдер, импорттық-экспорттық шектеулер, экономикалық контрабанда, зиянкестік меншік нысандары, есірткінің заңсыз айналымы және тағысын тағылар. Қазақстанда бұл бағыттағы жұмыстар сыртқы жүйеге шыға отырып, нейрондық желілер арқылы тәуекелдерді сәйкестендірудің қалыптасқан үлгісі бойынша орындалады. Қазақстанға Еуропа мен Азия арасын жалғастыратын табиғи тасымал өткелі ретіндегі аса қолайлы жағрафиялық орналасу жағдайын толық көлемде қолға асыру үшін ежелгі «Жібек жолының» бағыт-бағдарын қайта қалпына келтіру аса маңызды. Мұнда келен қызметіне жүктелің отырған міндеттің мәртебесі мен мәні аса жоғары екені айтпаса да түсінікті.

Халықаралық интымақтастықтың кеңеюі, интеграциялық процестердің тереңдеуі және халықаралық сауда көлемінің барынша артуы кеден органдарынан мемлекетаралық экономикалық және мәдени байланыстарды қамтамасыз етуге қатысты транзиттік жүк және жолаушылар легін кедертісіз өткізу үшін қолайлы жағдайлар жасауды талап етеді. Осыған байланысты халықаралық конференцияда кеденлік әкімшіліктендіруді жақсартуға баса назар аударылды.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, аталған мақсаттарға тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі бар кеденлік бақылау барысында ғана қол жеткізуге болады. Қазақстан кеден органдарында ойластырылып отырған және қолданыста жүрген «Е-терезе», «Өткізу пункттеріндегі бірыңғай бақылау», «Алдын ала ақпарат» сынды жобалар, кеденлік тазалау нәтижелерінде, сондай-ақ, тауарлар транзиті кезінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануды кеңейту республикада барынша қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге Қазақстанның басекелестікке қабілеттілігі рейтингін көтереді.

Қазақстан Республикасы мен Орта Азия елдерінің кеден органдары тәуекелдерді басқарудың жетілдірілген ақпараттық-талдау жүйесін құруға аса мүдделі. АҚШ, Жапония, Сингапур және Швеция сынды дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ел аумағына кеденлік және тағы басқа да заңнаманы бұзу белгілері бар тауарларды енгізу кезінде жүйелік тәуекелдерді анықтауға бағытталған талдаулар әдісін пайдалану өзінің тиімділігімен ерекшеленеді.

Біріншіден, кеден қызметінің аталған деректерді анықтау мен алдын алуға жұмсалатын әкімшілік ресурстарын барынша азайтуға мүкіндік береді. Екіншіден, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тауарларды кеденлік тазалаудан өткізуге жұмсайтын уақытын үнемдейді, соған сай жүктерді соңғы тұтынушыға дейін жеткізуге кететін материалдық шығынды да қысқартады.

Гаухар АҚБАСОВА,
ҚР ҚМ КБК қоғаммен байланыс жөніндегі бөлімінің бастығы.

2011 жылғы қазан айында Алматы облысы әділет департаментінде, аудандық және қалалық әділет басқармаларында мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі.

№	ШҚА реквизиттері	ШҚА атауы	Әділет органдарында тіркелген күні	Мемлекеттік тіркеу нөмірі
1	Алматы облыстық мәслихаты	14.10.2011ж. № 51-283 «Алматы облыстық мәслихатының 2010 жылғы 14 желтоқсандағы «Алматы облысының 2011-2013 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» № 39-321 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	19.10.2011ж.	№ 2078
2	Алшалы ауылдық мәслихаты	21.10.2011ж. № 50-301 «Алшалы ауылдық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы «Алшалы ауылының 2011-2013 жылдарға арналған ауылдық бюджеті туралы» 40-53 нөмірлі шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-5-160
3	Алшалы ауылдық мәслихаты	21.10.2011ж № 46-1 «Алшалы ауылдық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы «Алшалы ауылының 2011-2013 жылдарға арналған ауылдық бюджет туралы №53-1 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-5-159
4	Алшалы ауылының әкімдігі	26.09.2011ж. №09-208 «Алшалы ауылы әкімдігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы «Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында өзгекті мерзімді әскери қызметтен шақырылуын жүргізуді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету туралы » № 3-59 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысы	11.10.2011ж	№ 2-6-87
5	Балқаш қаласының мәслихаты	21.10.2011ж. № 53-245 «Балқаш қаладық мәслихатының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы «Балқаш қаласының 2011-2013 жылдарға арналған қаладық бюджеті туралы» № 41-192 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-7-122
6	Жамбыл ауылдық мәслихаты	21.10.2011ж. № 60-275 «Жамбыл ауылдық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы «Жамбыл ауылының 2011-2013 жылдарға арналған ауылдық бюджеті туралы» № 46-212 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-8-183
7	Еңбекшіқазақ ауылдық мәслихаты	21.10.2011ж. № 57-1 «Еңбекшіқазақ ауылдық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы «Еңбекшіқазақ ауылының 2011-2013 жылдарға арналған ауылдық бюджеті туралы» № 43-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-9-129
8	Екпінді ауылдық мәслихаты	21.10.2011ж. № 59-342 «Екпінді ауылдық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы «Екпінді ауылының 2011-2013 жылдарға арналған ауылдық бюджеті туралы» № 48-284 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-10-146
9	Іле аудандық мәслихаты	21.10.2011ж. № 51-212 «Іле аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы «Іле ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» № 39-157 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-12-180
10	Қаратал аудандық мәслихаты	21.10.2011ж. № 56-255 «Қаратал аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы «Қаратал ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» № 42-206 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-2-122
11	Қапшағай қаладық мәслихаты	21.10.11ж. № 296-59 «Қапшағай қаласының 2011-2013 жылдарға арналған қаладық бюджеті туралы» қаладық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 242-48 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-11-109
12	Қарасай аудандық мәслихаты	21.10.2011ж. № 61-3 «2010 жылғы 22 желтоқсандағы «Қарасай ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджетін бекіту туралы» № 48-4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-14-115
13	Көксу аудандық мәслихаты	21.10.2011ж. № 62-1 «Көксу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы «Көксу ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» № 48-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж.	№ 2-13-141
14	Көрбұлақ аудандық мәслихаты	21.10.2011ж. № 45-335 «Көрбұлақ аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы «Көрбұлақ ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» № 36-276 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-15-108
15	Райымбек ауданының әкімдігі	17.10.2011ж. № 351 «Ұлы Отан соғысының қатысушыларының және мүгедектерінің ынтымақтық көрінісу шеңберінде оларға қызмет көрсету туралы» қаулы	24.10.2011ж	№ 2-15-107
16	Райымбек аудандық мәслихаты	21.10.2011ж. № 58-281 «Райымбек аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы «Райымбек ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» № 44-217 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	11.10.2011ж	№ 2-16-137
17	Панфилов аудандық мәслихаты	26.09.2011ж. № 4-51-310 «Панфилов ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы» шешімі	11.10.2011ж	№ 2-16-138
18	Панфилов аудандық мәслихаты	26.09.2011ж. № 4-51-311 «Панфилов ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің оқытғыш қызметкерлеріне тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға бірыңғай ақшалай өтем ақы төлеу туралы» шешімі	11.10.2011ж	№ 2-16-139
19	Панфилов аудандық мәслихаты	21.10.2011ж. № 4-52-317 «2010 жылғы 22 желтоқсандағы «Панфилов ауданының 2011-2013 жылдарға арналған бюджеті туралы» № 4-38-234 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-17-105
20	Сарқан аудандық мәслихаты	20.10.2011ж. № 51-301 «Сарқан аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы «Сарқан ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» № 41-238 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-18-133
21	Талғар аудандық мәслихаты	21.10.2011ж. №51-305 «Талғар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы «Талғар ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» № 41-232 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-19-122
22	Үйғыр ауданының әкімдігі	15.09.2011ж. № 09-309 «Ұлы Отан соғысының қатысушыларына мен мүгедектеріне шығыстық көрсету шешімдері көлемінің шектерінде белгілеу туралы» қаулысы	13.10.2011ж	№ 2-19-121
23	Үйғыр ауданының әкімдігі	15.09.2011ж. № 09-310 «Ұлы Отан соғысының қатысушыларына мен мүгедектеріне шығыстық көрсету шешімдері көлемінің шектерінде белгілеу туралы» қаулысы	24.10.2011ж	№ 2-19-123
24	Үйғыр аудандық мәслихаты	21.10.2011ж. № 53-1 «2011ж 22 желтоқсандағы «Үйғыр ауданының 2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» № 43-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-3-98
25	Үшарал қаладық мәслихаты	21.10.2011ж. № 58-2003 «Үшарал қаладық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы «Үшарал қаласының 2011-2013 жылдарға арналған бюджеті туралы» № 27-201 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-1-148
26	Талдықорған қаладық мәслихаты	20.10.2011ж. № 2004 «2010 жылғы 15 желтоқсандағы «Талдықорған қаласының 2011-2013 жылдарға арналған бюджеті туралы» № 212 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі	25.10.2011ж	№ 2-1-148

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТІРКЕУ БӨЛІМІ.

Инновациялық жоба



Халқымыздың атакәсібі – мал шаруашылығын дамытуға соңғы жылдары айрықша назар аударылуы осы салаға тың серпін беруде. «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» дейтін халқымызға кисе – киім, жесе – тамақ болған төрт түлікпен ең жайлауды толтыру, уақыт талабына сай басты бағытқа айналған. Оған Үкіметтің «Қазақстанда ет экспортын дамыту» жөнінде қабылдаған бағдарламасының оң ықпал еткендігі белгілі. Ендігі уақытта мал басын асылдандырумен қатар, ет бағытындағы ірі қара өсірушілікті, шаруашылықтардың, қаңғытындағы ірі қара өсірушілік стандартқа сәйкес өнім өндіруі жолында қолға алынған шаралар нәтижесі шатқаяқтап қалған мал шаруашылығын қарқынды дамыту септігін тигізбек. Осының шаруашылығын қарқынды дамыту септігін тигізбек. Осынды өскерген мал өсіруші шаруашылықтар алдарына зор міндеттер қойып, табыстың тасын өрге домалатуға бар ынтақықыластарын аударуда.



Жетісу
Үлбосын ИСАБЕК

ЕТТІ БАҒЫТҚА БЕТ БҰРҒАН СЕРІКТЕСТІК

Солардың көшбасында келісті еңбек етіп, мал басын асылдандырумен айналысып келе жатқан ірі шаруашылықтардың бірі – «Байсерке-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тыныстіршілігін ерекше атағанымыз орынды болмақ. 2002 жылы негізі қаланып, мал басын асылдандырумен түбегейлі айналысуға кіріскен серіктестік жоғары сапалы сүт өндіруді мықтап қолға алған.

– Өткен жылы әр сиырдан 5300 килеге дейін сүт сауылып, жоғары өнімділікке қол жеткізсек, бұл көрсеткіш биылғы жылы бұдан да арта түседі деген үміт жоқ емес. – Сүт бағытында голландиялық қара ала сиырды өсірумен айналыссақ, ет бағытында қазақтың ақбас сиыры өсіріледі. Осының нәтижесінде шаруашылығымыз асыл тұқымды статусты иеленген, – деген «Байсерке-Агро» ЖШС-нің директорының орынбасары Болат Қалтаев мал шаруашылығын шалқытып отырған серіктестік қарамағында ағылшынның таза қанды жылқысы мен қазақтың биязы жүнді меринос және ет бағытында едилбай, гисар тұқымдас қойлары өсірілетіндігін де тілге тиек етті.

Мал басын асылдандыру жөнінде аудан ғана емес, облыста жетекші орынға ие серіктестік қарамағында бүгінде жалпы саны 2600 бас ірі қара бар. Оның 1700-і сүт бағытындағы сиырлар болса, 530-ы сауылады. Сонымен бірге, 10200 бас қой бар. Алты жүзге жуық жылқының 89-ы таза қанды ағылшын жылқысы, бұған қоса 114 бас түйе өсіріледі. Төрт түлікті түгелге дерлік қамтып отырған серіктестік алдағы қыста мал басын жеткілікті жемшөп қорымен қамтамасыз етуге бар күш-қуаттарын жұмылдырғандығын айтады.

– Малдың қыс айларынан қоңды шығуы оның азығына тікелей байланысты. Сол себепті де, жемшөп дайындау мәселесіне жіті көңіл бөлу орынды. Осыны ескере келе, қыстан қысылмай шығу үшін 2000 тонна шөп, 3000 тонна пішендеме, 9000 тонна сүрлем, 2000 тонна жем дайындалды. Бұл науқанға серіктестіктің барлық еңбеккерлері белсене атсалысқандығын да ерекше атамақпыз. Қолда бар техника түгелге жуық қатысты. Сондай-ақ, Жолдасбеков атындағы академияның доценті, ғылым кандидаты Тимур Бигожанов «Дін ұстану еркіндігімен дін саласындағы мемлекеттік саясаттың ақпараттық-құқықтық базасын нығайтуда қоғамдық пікірдің әсері және қалыптасуы» тақырыбында сөз сөйледі.

Сонымен қатар, «Нұр» мешітінің наиб имамы А. Данекулов, православиелік шіркеудің протоиереі Ю. Дидичин қоғамның діни білімін қалыптастырудағы дін қызметкерлерінің өкілдігі жайына тоқталды. І.Жансүгіров атындағы «Жетісу» мемлекеттік университеті философия және тарих кафедрасының аға оқытушысы жайына Г. Исағалиева діни тақырыпты баспасөзде жарыққа шығарудың әдістерімен бөлісті.

Соңында шараға қатысқан әр сала өкілдері өздері бірлік пен ынтымақты нығайту жолында бірлесе жұмыс істеуге, ортақ идея төңірегінде ұйысуға уағдаласты.

Мал басын көбейтумен қатар, алдағы жылдары 60 мың тонна етті экспортқа шығаруды көздеген Үкіметтің ірі жобасын іске асыруға серіктестік ұжымы да белсене атсалысуға ниетті. Бұл жайдан-жай жүзеге аса қалмаз, дегенмен, бұл жолдағы бірталай шаруалардың оң шешімін тауып, мал басын өсіруде ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, оның жоғары сапалы өнімділігін арттыруға білек сыбана кірісуді бүгіннен бастап кеттік десем артық айтқандық емес, – дейді тығырықты Қ. Омаров.

Бас-аяғы 300-ден астам адамды еңбекпен тұрақты түрде қамтамасыз етіп келе жатқан серіктестікте адам еңбегін жоғары бағалау дәстүрге айналған деуге болады. Малшылар қауымына уақтылы еңбекақысын берумен қатар, қысқа қажетті отын-сумен қамтамасыз ету жағы да назардан тыс қалмаған. Сүттей ұйыған ұжымда ауызбіршілктің, ынтымақтастықтың көрінісі айқын сезіледі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, тізе қоса еңбек етудің арқасында мал басын көбейтумен қатар, одан мол өнім алу көрсеткіштері жылдан жылға еселеп артып келеді.

Биылғы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейлі мерекесіне тарту ретінде «Байсерке-Агро» сүт зауытының іске қосылуы серіктестіктің айын оңынан тудырды десек артық айтпағандық болар. Тәулігіне 5 тонна сүт өндіруді дәттеген жаңа зауытта бұл күнде 25 тонна сүт өңделіп, одан 9 түрлі сүт өнімдері жасалуда. Атап айтар болсақ, айран, ірімшік, қаймақ, сүзбе сынды сүт өнімдері таңдайға татымды жоғары сапалылығымен тұтынушылар тілегін қанағаттандыруда. Ендігі мақсат – елімізде ет экспортын жүйелі жолға қою бағдарламасы аясында заманауи ет комбинатының құрылысын аяқтау. Жылына 1250 тонна ет өңдеуді көздеген комбинатта дүниежүзілік стандартқа сай келетін экологиялық таза әрі қауіпсіз, жоғары сапаға ие ет өнімдері өндірілмек. Бұл орайда, етті бағытта өсірілетін ірі қаралар мен қойлардың жемшөбінің құнарлы болуына аса мән берілмек. Соған орай, серіктестік аумағынан мал азығын жетілдіруде макро, микроэлементтер мен дәрумендерге бай мал азығын өндеу зауытын салу жоспарланған.

– «Сиырдың сүті – тілінде» деп бекер айтылмаған. Оның азығы дұрыс болмаған жағдайда етінің, сүтінің сапасы да, көлемі де кеміп кетеді. Сондықтан да, сиырды азықтандыруға айрықша ден қойып, оны барлық жағынан теңестірілген азықпен қамтамасыз етудің маңызы зор.

Мал басын көбейтумен қатар, экспортқа шығаруды көздеген Үкіметтің ірі жобасын іске асыруға серіктестік ұжымы да белсене атсалысуға ниетті. Бұл жайдан-жай жүзеге аса қалмаз, дегенмен, бұл жолдағы бірталай шаруалардың оң шешімін тауып, мал басын өсіруде ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, оның жоғары сапалы өнімділігін арттыруға білек сыбана кірісуді бүгіннен бастап кеттік десем артық айтқандық емес, – дейді серіктестік басшысының орынбасары.

Аграрлық кешеннің күретамыры – мал шаруашылығы саласын дамыту ғылыммен тығыз байланыста екені белгілі. Әсіресе, мал басын асылдандыруда сиырларды сұрыптап, оның ата тегін тәптіштеп тексеріп, жазу, қолдан ұрықтандыру, тағы да басқа толып жатқан жұмыстарды жүзеге асыруда Қазақтың мал шаруашылығы және мал азығын өндіру ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен қоян-қолтық еңбек ету өз жемісін беріп келеді. Серіктестікпен тұрақты байланыс орнатқан Аманкелді Юсупов, Советжан Басыбеков сынды ғалымдардың мал басын асылдандыруға қосқан үлестері сүбелі.

Сонымен бірге, еліміздің индустриялды-инновациялық даму стратегиясына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіп кешені саласында білім тарату жүйесін дамыту бағдарламасын жүзеге асыруды мақсат еткен Қазақтың егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жанындағы «Үшқоңыр» білім тарату орталығы «Байсерке-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болып, ауыл шаруашылығы саласындағы озық технологиялар жөнінде сала мамандарына маңызды дәріс пен келелі кеңестер бергендігін айрықша атап өткеніміз абзал.

Міне, төрт түліктің қадірін біліп, оның өнімділігін арттыруды мақсат еткен серіктестік сүтті және етті бағыттағы мал шаруашылығын дамытуға аса мән беріп келеді. Оған негіз жоқ емес. Малдың табиғи жайылымда жайылуымен қатар, қосымша жемдеуге де мүмкіндіктің жасалуы келелі істің кідіріссіз орындалуына ықпал етпек. Сондықтан да, дүниежүзілік стандартқа сәйкес, бәсекеге қабілетті сапалы ет өндіруге өзіндік үлесін қосуды дәттеген серіктестік бұл жолдағы барлық шараны жүзеге асыруға бар білім, біліктерін, іс-тәжірибелерін жұмылдыруда.

СУРЕТТЕ: «Байсерке-Агро» ЖШС директорының орынбасары Болат ҚАЛТАЕВ.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

Ауыл мектебі

ШӘКІРТТЕРІ АЛҒЫР

Ұлы Абай атамыз: «Баланға мінез үш адамнан жұғады. Бірінші – ата-анасы, екінші – ұстазы, үшінші – құрдасы», – деген екен. Бұл ретте ұстаздың оқушы тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Біз еңбек ететін Стамшал Аманбайұлы атындағы орта мектеп жазираны Жаркент өңіріндегі ең шалғай ыңталы ауылында орналасқан. Ұжымы ұйымшыл, шәкірттері алғыр бұл мектептен көптеген таланмал тұлғалар қанаттанған.

Орта білім беретін мектептерге Елбасымыз бен Үкімет тарапынан жоғары жауапкершілік жүктелп отырған қазіргі сәтте бізде драмызда да баршаға үлгі боларлық сегіз қырлы, бір сырлы әріптестерімз баршылық. Солардың бірі – ұжымда өзіндік орны бар ұстаз – Жұмағали Бердікеев дер едік. Ол бір бойына сан түрлі өнерді жинақтаған мұғалім. Соның бөрн бала бойына дарыту жолында Жұмағали Қизатұлы тұлп-өскен ауылындағы шағын мектепте табан аударған. 30 жылдан бері еңбек етіп келеді. Ол шәкірттерінің сүйікті ұстазы, өз мамандығының шебері болуымен қатар бастауыш сыныптың балғын балаларына тиянақты білім беруде өр оқушының сабаққа қызығушылығын оятатын шығармашылығымен, ізденімпаздығымен ерекшеленеді.

Ұстаздың білім берудің озық үлгілерн ізден тауып, бейнелеу өнері дене шынықтыру, өлпіпе сабақтарында ұтымды пайдалана отырып, жас ұрпақтың рухани мәдениетін, жан-жүрегінің көркемдік әлемін байытуда ұлттық ойындар арқылы елжандылыққа, табандылыққа тәрбиелеудегі еңбегі ерекше. Бір ғана «Ұлттық ойындар» сабағында оқушылардың атқа мініп, садақ асынып, найза лақтырып, теңге ілп, жамбы атуы. сонымен қатар түрлі халықтардың ұлттық ойындарының үлгісін көрсетуі айтқанымыздай әйгілі. Шалғайда жатқан ауыл мұғалімне жоқтан бар жасап, шәкірттерн қажетті білімнен қаруландыру оңай емес. Бұл ұстаздың ізденімпаздығын, шеберлігін қан қажет етеді.

Ұстаз – бүгінгі ауылдың айнасы. Қазір орталықтан шалғай ауылдағы қандай да мәдени, саяси іс- шаралардың мұғалімдердің араласуынсыз өтпейтні белгілі. Жұмағали Қизатұлы кейінгері. Оп 1 мамыр – Халықтардың ынтымақ күні, 9 мамыр – Жеңіс мерекесінің шерулерінде, «Азанда-11» «Отты жүректер» ерекшелік көрнстері үшін аудандық білім бөлімі мен ауылдық округ әкімінің, мектеп әкімшілігінің мараптаттарын алған.

Жоғары сапатты ұстаз осындай белсенді еңбектерінің нәтижесінде мектептегі бірлестік жетекшісі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері – Жұмағали Қизатұлы мен өмірлік жары Айжан екеуі 4 баланың сүйікті ата-анасы атанған жандар. Оларды ауылдастарымыз сыйлайды, жастар үлгі тұтады.

Гүлшат ЖАҢАБАЕВА,
С. Аманбайұлы атындағы орта мектептің мұғалімі.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

Өзекті мәселе



Қазақстандағы мал шаруашылығындағы қой шаруашылығының маңызы аса зор. Адамды киім-кешекпен, аяқ киіммен, тамақпен және тағы басқа түрмыстық заттармен қамтамасыз етуге қабілетті саланың қазақтар үшін орны тіптен ерекше болғандығы айтпаса да түсінікті.

Бізден халықта «Мал өсірсең, қой өсір, пайдасы оның қол-көсір» деген тамаша бір сөз бар. Бұлай – қой шаруашылығының қалірін білетін, ғасырлар бойы оның жүні мен терісін киім-кешекке, басқа да жабдықтарға, еті мен сүтін тамаққа, ішегі мен құйрық майын дәрі-дәрмекке жаратып, аскан тиімділікпен пайдаланып келген ұлттың түбегейлі тұжырымы екені даусыз. Қой көп күтімді қажет етпейді, жемшөп талғамайды, суыққа да төзімділігімен ерекшеленеді. Дәл қазіргі кезде еліміздегі қой шаруашылығын дамытудағы басты міндет – оның өнімділігін арттырып, тұқым сапасын жақсарту және бәсекелестікке қабілеттілігін қалыптастыру болып табылады.

Қой шаруашылығындағы қазіргі саны 2 миллионның төңірегінде болып қалған биязы жүнді қойларды көбейтуге көп көңіл бөлініп келеді. Кеңестер Одағы тарқағаннан кейін қой шаруашылығындағы басқа бағыттар екі есеге азайғанда, биязы жүнді қойлар саны он есеге кеміп кеткен болатын. Бұған биязы жүнді өндіру мен қайта өңдеудің қымбаттығы мен әлемнің барлық елдерінде биязы жүн бағасының күрт төмендеп кеткендігі әсер еткені анық. Мақтаның арзандығы, одан шығатын бұйымдар түрінің көбейіп, сапасының барынша жақсаруына байланысты ақ алтын өсіру кең қанат жайды да, биязы жүннің әлемдік мата және тоқыма өндірісіндегі үлесі бес пайыздан аспай қалды. Сондықтан, жоғарыда келтірілген деректерге талдау жасай отырып, қазіргі кезде әлем қой шаруашылығындағы басымдық бағытқа нелік ететін етті, етті әрі жүнді қой шаруашылығының болашағы бар әрі тиімділігі де жоғары деген тұжырым жасай аламыз.

Биязы жүнді қой шаруашылығын кешенді тарату және өңдеу мақсатында 2009 жылы Алматы облысында қой өсірушілердің «Жетісу» аймақтық қауымдастығы құрылып, содан бері жұмыс істеп келеді. Аймақтық қауымдастықты құру мен оның қызметін жолға қоюдағы мақсат – қой шаруашылығын дамытуға серпін беретін заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру арқылы етті, етті әрі жүнді қой шаруашылығы саласында пайда болған проблемаларды шешуге ықпал ету. Сондай-ақ, қой шаруашылығында бірегей тәртіптер мен стандарттар жасау мен олардың сақталуын бақылау, осы салаға қатынасушылардың ұйымдық, құқықтық, қаржылық, ақпараттық және басқа да шарттарын қалыптастыруға қатысты жұмыстарды ұйлестіру болып табылады. Қауымдастық өзі құрылғаннан бері алдына төмендегі міндеттерді қойып отыр: өнімділігі жоғары қойларды өсіруге, селекциялық мақсаттар үшін пайдалы болып табылатын, саны аз және мүлде жоғалып бара жатқан қой тұқымдарының тектік қорларының сақталуына көмектесу; Алматы облысындағы қой шаруашылығының дамуына серпін беретін құқықтық актілер жасау және қабылдау, өңірдегі қой шаруашылығының дамуына тағы басқа да жолдармен ықпал ету; қой шаруашылығының дамуына қатысты шолулар мен болжамдар жасау және осы ақпаратты қауымдастық мүшелері мен мүдделі тараптарға тарату; қой шаруашылығын дамыту саласы бойынша қалалық, облыстық, аймақтық әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларға қатысу; қауымдастық мүшелері қызметіне зандгерлік, ақпараттық және консультативтік қолдау көрсету.

Қазіргі кезде қауымдастық қызметі еліміздегі биязы жүнді қой шаруашылықтары шоғырланған Алматы, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарын қамтып отыр. Осы үш облыс бойынша қауымдастықтың құрылтайшылары болып отырған 300 шаруашылықтың 40-ы асыл тұқымды, 260 тауарлы шаруашылықтар және олардағы биязы жүнді қойдың жалпы саны – 700 000 бастан асады. Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында жүн өңдейтін фабрикалармен бірлескен жұмыстар жүзеге асырылуда. Қауымдастық мал және өсімдік шаруашылығы оңтүстік-батыс ғылыми-зерттеу институтының, Мыңбаев атындағы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен тығыз байланыс орнатқан, 13-ші Бүкілресейлік қойлар көрмесі мен Астана қаласында өткен республикалық қойлар көрмесіне қатысқан. «Қатақстан қой өсірушілері одағы» заңды тұлғалар бірлестігі құрамына енген.

Өткен жылы селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды жақсарту мақсатында қауымдастық жанынан «Жетісу Асыл Тұқым» АТК дистрибьюторлік орталығы құрылды. Осы мақсатта Ақсу, Көксу, Панфилов, Райымбек аудандар

●Мерей

Көзайым қуаныш

Жаңа жыл мерекесінің қарсаңында жазиралы Жаркент жерінде ел көңілін көзайым қуанышқа бөлеген тағы бір мәртебелі мерейтой өтті. Бұл жолы бұрынғы Талдықорған облысында ұзақ жыл бойы басшылық қызмет атқарып, іскер ділмен, өділдігімен өзінің замандастарының жүрегіне ұялаған Өстай Ерсалиевтің сексенге толған қуанышына жерлестері ортақтасты.

Жетісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Мерейтой салтанаты келтоқсанның 25 жұлдызында Жаркент қаласындағы Бұқашық Мәдениет үйінде өткізілді. Шырайлы шараға жиналған күрметті қонақтар соңғы жылдары қалыптасқан дәстүрмен желтоқсан көтерілісінің құрбандары Ербол Сыпатаев пен Ләззат Асанованың ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қою рәсімін жасады.

Салтанатты жиын Өзекең ақсақалдың өмір жолын бейнелейтін деректі фильмді тамашалаудан басталып, одан соң мерейтой иесі мен оның өмірлік қосағы Зәрипа апай құрметтеп сахна төріне қойылған орынға отырғызылды. Жиында алғашқы болып құттықтау сөз тізгінін қолға алған аудан әкімі Ермек Келемсейіт өткен ғасырдың екінші жартысындағы ел тіршілігінің дамуы үрдістерін мерейтой иесінің өмір жолымен байланыстыра баяндады.

Өстай Ерсалиев 1930 жылы Жаркент қаласында дүниеге келіп, осы қаладағы Алтынсарин атындағы орта мектепте білім алды. Оның балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына өтіп, тағдыр оны 9 жасында екі сынақ, 13 жасында анасынан айырып, жетімдік тауқыметін ерте тартты. Алайда алғыр бозбала орта мектепті өте жақсы тамамдап, Алматы қаласындағы малдәрігерлік, зоотехникалық институтының оқуға түсіп, оны 1954 жылы ойдағыдай аяқтап, талым зоотехник мамандығын алады.

Ол еңбек жолын Алакөл ауданында МТС-тың бас мал маманы қызметінен бастап, Ақсу, Панфилов аудандарындағы шаруашылықтарда жалғастырып, өндірісте тәжірибе жинақтайды. Тың-ғылықты жұмысы жас маманды қызметте жоғарылатып, 1959 – 1961 жылдары Панфилов аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1979 жылы партия комитетінің хатшысы қызметіне тағайындалып, бұл жұмыстарын 1989 жылға дейін абыроймен атқарды.

Мерейтой иесін құттықтап, жылда сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков, Сарқан өңірінен келген Мейрамғали Қалиев, Қанат Мынбаев, Алматы облысының Құрметті азаматы Ыбырайымжан Қожахметов, Төлеген Ақшалов, Ғалым Тұрғанбаев, Еңбек Ері Ақалат Зәйнеденова, туысы Өзімжан Қырықбаев Өзағаның өмір жолындағы өрелі істерін әр қырынан баяндады. Мереке сый-сияпатсыз болсын ба, аудан әкімі мерейтой иесіне ат мінгізсе, облыс әкімінен Құттықтау хаты мен зерлі шапанын облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков тапсырды. Салтанатты жиынды аудан өнерпаздары ән-күймен өрнектеп, думанға беледі. Мерейтой Жаркент қаласындағы «Галактика» мейрамханасында мол мәзіреттi дастарқан басында жалғасын тапты.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

●Құттықтаймыз!



Жанарбектің кезекті жеңісі

Алтыұлын бестеріндегі Жаланаш ауылында туып, журналистикадағы алғашқы қаламын «Алматы ақшамы» газетінде бастаған, осында жүріп қазақтың тағдыры қызық өнер адамдарын түгендеген Жанарбек Әшімжанның қалам қарымын байқағандар жас жігіттің «Жас Алашта» шыңдала түсуіне жол ашқан болатын.

«Жас Алаш»-жұрналистикасының қара қазанында әбден қайнаған жігерлі де жүректі азамат ақындығымен де елге кеңінен танылды. Құрбы-құрдастарымен бірге бүгінде қазақ баспасөзінде өзіндік бигі бар «Жас қазақ» газетінің негізін қалауға атсалысты. Осылайша, ақындығымен де, қарымды журналистігімен де жұрт жүрегін жаулап, қаламгерлер көңілінен шығып, қатарларының құрметіне ие болған бүгінде «Қаламгер - Media» орталығының атқарушы директоры қызметін абыроймен атқарып жүрген Жанарбек Әшімжан жақында тағы бір үлкен жеңіске жетті. Ол күні кеше Астанада өткен марапаттау жиынында Үкіметтің «Дарын» жастар сыйлығының иегерлері қатарынан табылды.

Еліміздің 35 жасқа дейінгі азаматтарына жемісті ғылыми, шығармашылық және қоғамдық қызметі үшін он аталым бойынша екі жылда бір рет берілетін сыйлықты биыл жиырма адам алды.

Солардың бірі – «Журналистика» аталымы бойынша таңдаулы болып танылған Жанарбек Біздер Жетісудың дарынды ұлдарының алдыңғы легінен көрініп жүрген, ел-жұрты ертеңінен үлкен үміт күтетін Жанарбек Әшімжанды жаңа жеңісімен құттықтай отырып, Жаңа жыл тың табыстар әкелсін демекпіз!

«ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНІҢ ҰЖЫМЫ.

●Халыққа қызмет

МҮМКІНДІКТІ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

Сарқан аудандық ХҚКО-да халық үшін кеңесшілер өз жұмысын атқаруда. Басты мақсаты – халыққа қызмет көрсету орталығының мүлтіксіз және жоғары деңгейде атқаруға бағытталғаны.

Азаматтарды құжаттандыру және тіркеу, жылжымайтын мүлкі тіркеу, заңды тұлғаларды тіркеу, АХАЖ, ақпарат және мұрағат комитеті, бас прокуратура, ішкі істер департаменті, тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті, жер комитеті, әскери есеп, жергілікті атқарушы орган көрсете отырып, азаматтардың өтініштерін толықтыруға көмек көрсетіп, аудандық, әділет басқармасына жолдайды. Осы сала бойынша түскен өтініштерді қарау нәтижесі бойынша азаматтарға және заңды тұлғаларға жауап береді.

Сонымен қатар, аудан тұрғындарының арасында Қазақстан Республикасының заңдылықтарына ХҚКО көрсететін қызметтерге түсінік беру жұмыстарын ұйымдастырады.

ХҚКО кеңесшілері еңбек және ел заңдылықтарының нормаларын бұлжытпай орындауға қатаң көңіл бөледі.

ХҚКО кеңесшілері Сарқан ауданының тұрғындарына орталықтың қызмет көрсету тәртібі және мерзімдері бойынша өзінің ішкі ережесіне сәйкес кез келген сұрақтарға, сонымен қатар, құжаттарына сайт арқылы жауап береді.

Аудан тұрғындарының назарына ХҚКО-ның кеңесшілері жауап беретін арнайы байланыс телефоны **8 (72839) 2-37-52.**

З. ТӨЛЕБЕКОВА,
Сарқан аудандық ХҚКО кеңесшісі.

●Тілек

Үлт азаттығы үшін арпалысып, сол жолда кеуделерін оққа төсеп құрбан болған Сырым батыр мен Таймануұлы Исатай және Отемісұлы Махамбет, аты аңызға айналған данақты хан Абылайдың жолын қуған қолбасшы Кенесары хан мен Наурызбай батыр, Амангелді мен Бекболат батырлар, кең-байтақ қазақ жерінің сүйемін де жауына бермей, 60 жылғы соғыста, 100-ден аса шайқаста жеңіске жеткен, жеңілу дегенді білмей өткен батыр Қабанбай, (Ерасыл), Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай, дүрбелеңмен ел қорғаузы мақсат етіп жүрін, он екіде бір гүлі ашылмай кеткен қос қыран Мәншүк пен Әлиялар рухы асқақ еліміздің алдасиандары емес пе?

Ел іргесі берік болсын

Ғасыр басында «Көзінді аш, оян қазақ, көтер басың...» деп басталатын Міржақып Дулатовтың күрес өлеңіндей, қазақтың ұлы ағартушысы, ақын, публицист Ахмет Байтұрсынұлы:

Қазағым, ерім,
Қайсайың белің,
Сергуге тұр таңың.
Талауда малың,
Қамауда жаның.
Аш көзіңді оянып, – деген үндері бар қазақты дүр сілкіндірді.

Енді, міне, кешегі қазақ жастарын қып-қызыл қанға бөктірген 1986 жылдағы атышулы Желтоқсан қасіретінің өткеніне де 24 жылдың жүзі болыпты. Сол бір Желтоқсанның ызғырық желіне қызыл империямен қырғидай алысып, тәуелсіздік жолында армаңда кеткен қыршын үл-қыздарымызды ешкімнің де ешуақытта ұмытуға қақысы жоқ.

16 желтоқсан – арылу күні деліненді. Бұл күн – халқымыз ежелден еркіндік аңсаған Тәуелсіздік күні. Елінің егемендігі үшін шейіт болған алғашқы қарлығаштар Қайрат, Ербол, Ләззат пен Сәбира рухтарына да ерідайым мың да бір тағзым деп бас иеміз.

«Атадан ұл туса құл боламын деп тумайды. Анадан қыз туса күң боламын» деп тумайды", – деген екен қаз дауысты Қазыбек бабамыз. Көрдіңіздер ме, қалай?

Қайрат (екесі Ноғайбай, анасы Дәметкен) Рысқұлбековтың есімі сонау бір 1987 – 1988 жылдары ату жазасын арқалап Алматы түрмесінде отырған кезінде, оның ерлігін елі мойындай алмай тұрған шағының өзінде қасындағы қазақ жастарының жүрегінен берік орын алған еді.

Сіздердің назарларыңызға түрме қабырғасынан қаракөз қарындастар мен жылы жүзді жеңгелерге жазған соңғы хаттарының бірін ұсынып отырмыз.

Шын жүрек, ақ көңілмен,
Алғашқы көктемдей күлімдеген
Құттықтаймын 8 наурыз мерекесі,
Халықаралық әйелдер күнімен.

Қамқоршы қайын және аналарым,
Жәрдем берер жағаларым,
Қыздар үшін тар қапаска
Келіп түскен гүлдерім.

Желтоқсан құрбандарының көз жастарымен суарылып шыңдалған бүгінгі егеменді еліміздің қыз-келіншектері қазақ халқының азаттығы жолында аянбай жанын қиып, қыршын кеткен азаматының күрескерлік сезімімен оянған:

Қазақ деген затым бар,
Қайрат деген атым бар.
Еркек тоқты құрбандық,
Атам десең, атыңдар! – деген патриоттық өлең жолдарын оқығанда Қ.Рысқұлбековтың аруағы тағы бір аунап түсіп, «Халық қаһарманы» атағына ие болған жігіттің рухы биіктей береді деген ойдамын.

Ретті келгенде айта кетер алдымызда аса бір маңызды міндет тұр. Ол – аш болайық, тоқ болайық, қол жеткізген бостандығымыз бен тәуелсіздігіміздің қандай қиындықпен келгенін ұмытуымызға болмайтындығы дер едім.

«Тойдың болғанынан болады сызық» демекші, барша қазақстандықтардың жетістігі мен мақтанышы – ЕҚЫҰ саммиті де өз мәресіне жетіп, сәтті аяқталды.

Енді Тәуелсіздігімізге 20 жыл толған мерейлі тойда һәм XXI ғасырдың 2011 Жаңа жылының қарсаңында жүздескелі отырмыз.

2011 жылдың әр күні қызық-қуанышқа толы болып, барлық шаңырақта бақыт пен бағын, ырыс пен несібесін, береке мен құтын, достық пен бірлігін ала келсін деген ізгі тілек білдіреміз.

Ең бастысы, елімізде мәңгілік тыныштық сақталып, халық үрдісі берік болсын. Құдіреті күшті жасаған ием, лайым осы бейбіт таңнан айырмасын.

Зәуре НАКИПОВА,
байырғы ұстаз.



●Тағылым

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛ ТАНЫҒАН

Самайды басты ақ қырау
бұл күндерде,
Денсаулық жүріс-тұрыс
орта шеңде.
Қиялға, өткен күнге
тәубе айтып,
Келеді сабыр қылғым
бұл күйіме.

Ұлы Отан соғысы басталған жылдары ол небары 15 жаста еді. Жас болса да соғыстың ауыртпалығын ересектермен бірге көріп еді. Сегізінші сыныпта оқып жүргенінде колхоздың есепшісі болып қызмет істеуге тура келді. Бала кезінен әдебиетке, өнерге құштар болған Жәдігер ағаның қауіпсіздік саласына келуі де жайдан жай емес. Өткенді еске түсіргеніміз бұл жайында: «Бір күні мені Мемлекеттік Қауіпсіздік халық комиссариатының Ақтөбе облысы Клюевой аудандық бөлімшесіне шақырып, онын бастығы В. Иванов мырза маған мемлекеттік қауіпсіздік органына жұмысқа кіруге ұсыныс жасады. Біраз айдан кейін үй-ішіммен келісіп, бұл кісінің ұсынысына ризашылығымды білдірдім. Сонымен, 1944 жылдың қыркүйек айының басында МҚХК-ның Ақтөбе облыстық басқармасына жұмысқа кірдім. Осылайша кешкі мектепке ауысып, күндіз жұмыс істеп, 10 жылдық оқуымды тамамдадым. 1956-1961 жылдары Бүкілодақтық заңгерлік институттың Куйбышев қаласындағы филиалын сырттай оқып, үздік бітірдім. Қауіпсіздік органдарының соғыс уақытындағы жұмысы бейбіт күндердегімен салыстырғанда аса қиын және өте жауапты. Сондықтан, алғашқы уақытта жұмыс істеу маған оңайға түскен жоқ. Біраз тер төгін, жұмыстың қыр-сырын үйренуге тура келді», – дейді .

Мемлекеттік қауіпсіздік саласында 43 жыл еңбек етсе, оның 36 жылын басшылық қызметке арнады. Әскери шені – полковник. 1987 жылдың қараша айынан бастап зейнеткерлікке шықты. Одан бері де 24 жылдай уақыт өтіпті. Десе де, демалысқа шықтым деп үйде қарап отырмады. 1988-1993 жылдары Талдықорған халық депутаттары облыстық кеңесінде заңдылық, құқық тәртібі және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның тарағасы ретінде заңдылықтың сақталуына, дұрыс асырылуына өзіндік үлесін қосты. Жеңістің 60 жылдығында Жәдігер Шайхин Ресей Федерациясының арнайы медалімен марапатталды. Бүгінде «ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдары ардагерлерінің» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы кеңесінің төрағасы.

«Осы жасқа келгенше жеткен жетістігім өте көп. Оның қайсыбірін айтайын. Мен елге қалай қызмет өтсем, халқым мені солай бағалай білді. Үйде отырсам да қазірге дейін айтқанымды ешкім жерге тастамайды, барынша қол ұшын беруге тырысады. Бір сөзбен айтсам, тағдырыма ризамын», – дейді қауіпсіздік ісінің тарланбозы Жәдігер Шайхин.

«Атымды адам қойған соң...» деп ойшыл Абай тұжырымдағанындай, мына дүниеге келген пенденің өз орнын тауып, өрелі мекеден көрініп жатуы басты мұрат болса, Жәдігер Шайхин де тынымсыз еңбектің нәтижесінде үлкен белестерден өтіп, өрелі мекеден көрінді. Оның істеген жақсылығы мен баянды еңбегі қашанда ел жадында сақталары анық. Сексен беске жеткен қарияға жүз жасаңыз дейміз біз де.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

Жігіт сұлтаны

ҰСТАЗДАР ЖЕҢІСІ

Білім шаңырақтарында еңбек етіп жүрген ұстаздардың білімі мен білігін, кәсіптік шеберлігін, танымын арттыруда түрлі шаралардың ұйымдастырылғаны лазым. Осы орайда Райымбек аудандық «Қамқор-2» кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің атына жылы лебіз білдірген артық емес.

Жетісу
Қанат БІРЖАНСАЛ

Аудандық білім және спорт бөлімі жанындағы аталған қоғамдық бірлестік соңғы жылдардан бері ер мұғалімдер арасында «Жігіт сұлтаны» байқауын өткізіп келеді. Оны дәстүрге айналдырған игілікті істері бар. Аталған байқау биыл да жалғасын тапты. Бірнеше сынақтан тұратын байқау қорытындысында Қ. Байғабылов атындағы орта мектептің мұғалімі Ернат Құсайынов алға шықты. Өнері, білімі, танымы, спортқа деген қатынасы бәрі-бәрі келісім тапқан ол «Жігіт сұлтаны» атанды. Ринат Қабыланбаев, Арман Мүшіров, Жарқын Мұратбеков, Дархан Байсейітов секілді мұғалімдер жүлделі орындарды еншілеп. Олардың бәріне «Қамқор-2» кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің бағалы сыйлықтары табыс етілді.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

●Қаперіңізде болсын...

ЖАЛҒАН НАМЫСТАН АРЫЛАЙЫҚ

Таяуда республикалық «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының облыстық филиалында аталған қордың директоры Ринат Талтұсов пен облыстық мүтедектер қоғамының жетекшісі Шолпан Сүттібаева кәр мен қоғамдық бірлестіктің бірлесе отырып атқарған жұмыс барысынан хабарлама жасап, жеке кәсіпкер Любовь Осиповаға демеушілер тарапынан ұсынылған электронды таразыны тарту етті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Білгеніміздей, қазіргі таңда облысымызда 54264 мүмкіндігі шектеулі адам тіркеуде тұр. Дені шағын кәсіпкерлікпен нәпақасын айырады. Мемлекет тарапынан атаулы әлеуметтік көмек көрсетілгенімен ол тек ішер ас, киер киімнен аспайды. Ал отбасылы адамдардың бала-шағаның қамы үшін базар жағалайтыны шындық. Түрлі кедергілер салдарынан бизнесін үлғайтуға жол таба алмай жатады. Осындай түйткілдің түйінін тарқату үшін «Даму – көмек» бағдарламасы қолға алынған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі адамдардың бизнесін дамытуға бағытталған. Аталған бағдарлама жұмыс жасаған жылға жуық мерзімде облыстық филиалға 20 өтініш түсіп, оның сегізіне тиісті көмек көрсетілген. Любовь Федоровна да осындай игілікке қол жеткізіп отыр.

Алайда, бұл көрсеткіш жоғарыда айтқан өңіріміздегі мүмкіндігі шектеулі жандардың санымен салыстырғанда өте төмен көрсеткіш. Өрине, бұған бола қор өкілдерін кінәлауға болмайды. Облыстық филиалдың бас маманы Жандос Нұрғазиновтың айтуынша, «Даму – көмек» бағдарламасы мүмкіндігі шектеулі адамдарға қаржылық жақтан көмек көрсетіп қана қоймай, кеңес және сұрақтарға жауап беру, бизнесті ұйымдастырудың жолын көрсету мен демеушілер тарту тәрізді шараларды атқарады. Осыған орай, қазірге дейін облыс аумағындағы 2000-нан аса адамға кеңес берілген. Осылайша айтқанда, жұмыс ойдағыдай жүргізілуде. Бір өкініштісі, бұл интернетке көптеп қосыла алмайтын, оның үстіне, орысшадан алыстап бара жатқан ауылдағы ағайындарға қол байлау болып тұр. Халқымыз: «Артық дәулет бас жармайды», – демеуші ме еді.

Егер тірлігіңізге тыныс беретін мұндай көмектің бар екенін білмесеңіз, мына телефонға: (7282) 21-01-42 хабарласыңыз немесе www - fund-damu.kz сайтына кіріп, өз игілігіңізді жасауға жол ашыңыз. Бұған шағын бизнеспен айналысатын мүмкіндігі шектеулі барлық адамның ие бола алатыны қаперіңізде болсын.

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ

АСТАНА

ЖЕР СЕРІГІ ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ

Ұлан-байтақ жері бар Қазақстан үшін телерадиохабарларын тарату мәселесінің аса маңызды орын алатындығы белгілі. Соған орай кейінгі жылдары жасанды жер серіктерін пайдалану жайына баса назар аударылуда. Бұл бағытта атқарылып жатқан нақты жұмыстар да жоқ емес. Осы жайттарды ескере отырып Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жер серігі жүйесін пайдалану арқылы отандық телерадиохабарларын одан әрі дамытуға бағытталған ҚР Заңына қол қойды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» деп аталатын бұл Заң жоғарыда айтып өткеніміздей, жер серігі жүйесін пайдалану арқылы отандық телерадиохабарларын одан әрі дамытуға бағытталған. Заңның мәтіні жуық арада баспасөзде жарияланады.

ИЗРАИЛЬ

ПРЕЗИДЕНТ КЕШІРІМ ӨТІНДІ

Израиль президенті Шимон Перес ежелгі саммит өткізу мерзімін кейінге шегергені үшін Ресей президенті Дмитрий Медведевтен кешірім сұрады.

Баспасөз агенттіктері хабарлағандай, ресейлік көшбасшы Израильге барады деп жоспарланған болатын. Ресей мен Израиль президенттерінің арасында Израиль жағының бастамасы бойынша сейсенбі 4 қаңтар күні болған телефондағы өңгіме барысында кешіран өткен Перес өз еліндегі ішкі саяси мәселелердің салдарынан ресейлік-израильдік саммитті өткізу мерзімінің өзгертілуіне байланысты екенін білдірді. Бір мезгілде көшбасшылар 2011 жылғы қаңтар айында Давоста өтетін Дүниежүзілік экономикалық форум аясында екіжақты кездесу өткізу жайында уағдаласты.

Ресей президентінің 2011 жылдың 17 қаңтарына белгіленген Израильге сапары Израиль Сыртқы істер министрлігі қызметкерлерінің ереуілінің салдарынан тоқтатылған болатын. Жергілікті БАҚ хабарлағандай, израильдік дипломаттар жалақыны көтеруді және еңбек жағдайын жақсартуды талап етуде.

УКРАИНА

ЮЛИЯ МАЙДАНҒА ШАҚЫРДЫ

Украинаның бұрынғы премьер-министрі Юлия Тимошенко украиндықтарды 22 қаңтар күні Киевтің орталығындағы Майданға – Тәуелсіздік алаңына шақырды. «22 қаңтар күні біз Украинада айрықша мейрамдарымыздың бірі – Бірлесу күнін атап өтеміз» деген ол билік басындағыларға украиндықтардың бірге екендігін осылайша ғана көрсетуге болатындығын атап өтті. Қазіргі кезде «Батькивщина» партиясын басқаратын Тимошенко биліктi не сайлау жолымен немесе қарсылық көрсету акциялары арқылы ғана ауыстыруға болатындығын мәлімдеді. «Егер біздің адамдарымыздың бойында азаттыққа, Украинаға деген махаббат болатын болса, Майданға шығып, бұл билік кеткенше тұруы керек... Парламент сайлауы басқа нұсқа болып табылады. Бұл адамдардың аман қалу мәселесіне келіп тіреледі», – деді Тимошенко.

Тимошенко мұндай мәлімдемені Киевтің Апелляциялық соты ғимаратының жанында тұрып жасады. Дәл осы ғимаратта бұрынғы ішкі істер министрі Юрий Луценконың шағымы қаралуы тиіс болатын. Сот ғимаратына кіре берісте Тимошенко журналистерге Юрамен бірге екендігін көрсету үшін келгендігін айтты.

Украинаның прокуратурасы Тимошенконың өзіне ол ел үкіметін басқарып тұрған кезінде 380 миллион евроны мақсатсыз жұмсады деген айып тағып отыр.

Еу тартар

Дәрігер:
– Сіз бұлтыр бізге емделген кезде ішуді мүлдем қойып, басқа адам боламын деген жоқсыз ба?
Ауру:
– Мен онсыз да басқа адам болдым, амал не, болғанымды қайтейін, ол да ішімдікке салынып кетті.

●Табиғат – тал бесігің



Жасыл шырша желегі

Желтоқсанның 23 жұлдызында республика бойынша «Жасыл шырша желегі» атты акция ұйымдастырылған болатын.

Оған облыстық «Жасыл ел» штабының жасақшылары қатысып, қала тұрғындарын табиғатты аялауға, шырша ағаштарын рұқсатсыз кесіпеуге шақырды.

Ақпараттарға сүйенсек, елімізде жыл сайын Жаңа жыл қарсаңында бес мыңнан астам шырша заңсыз отталады екен. Шырша өте баяу, бір жылда 5 сантиметрге ғана өседі. Яғни оның 5 метрлік биіктікке жетуі үшін бір ғасыр қажет. Міне, осыдан-ақ шыршаның қаншалықты ерекше екенін түсінуге болады емес пе? Тағы бір айта кететін жайт, 2,5 метрлік шырша жылына 2 тонна оттегін бөледі. Мұны ескерсек, шыршаның көптеп кесілуі қоршаған ортаға қаншалықты қауіп төндіріп тұрғанын көзге елестете беріңіз.

Акцияға қатысушы жастар осы мәселе аясында дайындалған бейнероликті көріп, проблеманың алдын алу жолдары жөнінде пікір алмасты. Алғашқы шара ретінде «Жасыл ел» белсенділері қаланың қоғамдық орындарында тұрғындарды табиғатқа қамқорлықпен қарауға шақыратын үнпарақтар таратты. Сонымен қатар, штаб бастамасымен жоғарыда аталған бейнеролик облыстық «Жетісу» телеканалы арқылы бір апта бойы беріліп тұратын болды.

(ӨЗ ТІЛШІМІЗ).

●Мерей

Көзайым қуаныш

Жаңа жыл мерекесінің қарсаңында жазиралы Жаркент жерінде ел көңілін көзайым қуанышқа бөлеген тағы бір мәртебелі мерейтой өтті. Бұл жолы бұрынғы Талдықорған облысында ұзақ жыл бойы басшылық қызмет атқарып, іскер лігімен, өділдігімен есімі замандастарының жүрегіне ұялаған Өстай Ерсалиевтің сексенге толған қуанышына жерлестері ортақтасты.

Жетісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Мерейтой салтанаты желтоқсанның 25 жұлдызында Жаркент қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде өткізілді. Шырайлы шараға жиналған күрметті қонақтар сонау жылдары қалыптасқан дәстүрмен Желтоқсан көтерілісінің құрбандары Ербол Сыпатаев пен Ләззат Асанованың ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қою рәсімін жасады.

Салтанатты жиын Өзекең ақсақалдың өмір жолын бейнелейтін деректі фильмді тамашалаудан басталып, одан соң мерейтой иесі мен оның өмірлік қосағы Зәрипт ағай құрметпен сахна төріне қойылған орынға отырғызылды. Жиында алғашқы болып құттықтау сөз тізгінін қолға алған аудан әкімі Ермек Келемсейіт өткен ғасырдың екінші жартысындағы ел тіршілігінің даму үрдістерін мерейтой иесінің өмір жолымен байланыстыра баяндады.

Өстай Ерсалиев 1930 жылы Жаркент қаласында дүниеге келіп, осы қаладағы Алтынсарин атындағы орта мектепте білім алды. Оның балалық шағы соғыстың соңғы жылдарында өтіп, тағдыр оны 9 жасында әкесінен, 13 жасында анасынан айырып, жетімдік тауқыметін ерте тартты. Алайда алғыр бозбала орта мектепті өте жақсы тамамдап, Алматы қаласындағы малдәрігерлік-зоотехникалық институтына оқуға түсіп, оны 1954 жылы ойдағыдай аяқтап, ғалым зоотехник мамандығына ие болды.

Ол еңбек жолын Алакөл ауданында МТС-тың бас малмаманы қызметінен бастап, Ақсу, Панфилов аудандарындағы шаруашылықтарда жалғастырып, өндірісте тәжірибе жинақтайды. Тыңғылықты жұмысы жас маманды қызметте жоғарылатып, 1959 – 1961 жылдары Панфилов аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары және ауылшаруашылық инспекциясының бастығы қызметтерін де жастық жігермен атқарды. Білім мен ұйымдастырушылық қабілет-қарымын тәжірибеде танытуға құлшынған жас маман сол тұста шаруасы шатқаяқтап тұрған «Көктал» кеңшарын басқаруға өтінш білдіреді. Бас-аяғы бес жылда кеңшардағы қой санын 130 мыңға, ірі қараны 5 мыңға, жылқыны 3 мыңға жеткізді.

Осыдан кейін Өстай Мәлібайұлы Алматы облыстық кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметіне шақырылып, 1968 жылы Талдықорған облысы қайта құрылғанда облыстық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1979 жылы партия комитетінің хатшысы қызметіне тағайындалып, бұл жұмыстарды 1989 жылға дейін абыроймен атқарды.

Мерейтой иесін құттықтап жиында сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков, Сарқан өңірінен келген Мейрамғали Қалиев, Қанат Мыңбаев, Алматы облысының Құрметті азаматы Ыбырайымжан Қожахметов, Төлеген Ақшалов, Ғалым Тұрғанбаев, Еңбек Ері Адалат Зайнабдинова, туысы Өзімжан Қырықбаев Өзағаның өмір жолындағы ерелі істерін әр қырынан баяндады. Мереке сый-сияпатсыз болсын ба, аудан әкімі мерейтой иесіне ат мінгізсе, облыс әкімінің Құттықтау хаты мен зерлі шапанын облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков тапсырды. Салтанатты жиынды аудан өнерпаздары ән-күймен өрнектеп, думанға бөледі. Мерейтой Жаркент қаласындағы «Галактика» мейрамханасында мол мәзіретті дастарқан басында жалғасын тапты.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

●Құттықтаймыз!



Жанарбектің кезекті жеңісі

Алматының бөктеріндегі Жалаңаш ауылында туып, журналистикадағы алғашқы қадамын «Алматы ақшамы» газетінде бастаған, осында жүріп қазақтың тағдыры қызық өнер адамдарын түгендеген Жанарбек Әшімжанның қалам қарымын байқағандар жас жігіттің «Жас Алашта» шыңдала түсуіне жол ашқан болатын.

«Жас Алашта» журналистиканың қара қазанында әбден қайнаған жігерлі де жүректі азамат ақындығымен де елге кеңінен танылды. Құрбы-құрдастарымен бірге бүгінде қазақ баспасөзінде өзіндік биігі бар «Жас қазақ» газетінің негізін қалауға атсалысты. Осылайша, ақындығымен де, қарымды журналистігімен де жұрт жүрегін жаулап, қаламгерлер көңілінен шығып, қатарларының күрметіне ие болған бүгінде «Қаламгер – Media» орталығының атқарушы директоры қызметін абыроймен атқарып жүрген Жанарбек Әшімжан жақында тағы бір үлкен жеңіске жетті. Ол күні кеше Астанада өткен маралаттау жиынында Үкіметтің «Дарын» жастар сыйлығының иегерлері қатарынан табылды.

Еліміздің 35 жасқа дейінгі азаматтарына жемісті ғылыми, шығармашылық және қоғамдық қызметі үшін он аталым бойынша екі жылда бір рет берілетін сыйлықты биыл жиырма адам алды. Солардың бірі – «Журналистика» аталымы бойынша таңдаулы болып танылған Жанарбек Біздер Жетісудың дарынды ұлдарының алдыңғы легінен көрініп жүрген, ел-жұрты ертеңінен үлкен үміт күтетін Жанарбек Әшімжанды жаңа жеңісімен құттықтай отырып, Жаңа жыл тың табыстар әкелсін демекпіз!

«ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНІҢ ҰЖЫМЫ.

●Халыққа қызмет

МҮМКІНДІКТІ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

Сарқан аудандық ХҚКО-да халық үшін кеңесшілер өз жұмысын атқаруда. Басты мақсаты – халыққа қызмет көрсету орталығының мүлтіксіз және жоғары деңгейде атқаруға бағытталғаны.

Азаматтарды құжаттандыру және тіркеу, жоғалмайтын мүлкті тіркеу, заңды тұлғаларды тіркеу, АХАЖ, ақпарат және мұрағат комитеті, бас прокуратура, ішкі істер департаменті, тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті, жер комитеті, әскери есеп, жергілікті атқарушы орган көрсете отырып, азаматтардың өтініштерін толықтыруға көмек көрсетіп, аудандық әділет басқармасына жолдайды. Осы сала бойынша түскен өтініштерді қарау нәтижесі бойынша азаматтарға және заңды тұлғаларға жауап береді.

Сонымен қатар, аудан тұрғындарының арасында Қазақстан Республикасының заңдылықтарына ХҚКО көрсететін қызметтеріне түсінік беру жұмыстарын ұйымдастырады.

ХҚКО кеңесшілері еңбек және ел заңдылықтарының нормаларын бұлжытпай орындауға қатаң көңіл бөледі.

ХҚКО кеңесшілері Сарқан ауданының тұрғындарына ортақтықтың қызмет көрсету тәртібі және мерзімдері бойынша өзінің ішкі ережесіне сәйкес кез келген сұрақтарға, сонымен қатар құжаттарына сайт арқылы жауап береді.

Аудан тұрғындарының назарына ХҚКО-ның кеңесшілері жауап беретін арнайы байланыс телефоны: **8 (72839) 2-37-52.**

З. ТӨЛЕБЕКОВА,
Сарқан аудандық ХҚКО кеңесшісі.



●Тағылым

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛ ТАНЫҒАН

Самайды басты ақ қырау
бұл күндерде,
Денсаулық жүріс-тұрыс
орта шенде.
Қиялға, өткен күнге
тәубе айтып,
Келеді сабыр қылғым
бұл күйіме.

Ұлы Отан соғысы басталған жылдары ол небары 15 жаста еді. Жас болса да соғыстың ауыртпалығын ересектермен бірге көріп есті. Сегізінші сыныпта оқып жүргенінде колхоздың есепшісі болып қызмет істеуге тура келді. Бала кезінен әдебиетке, өнерге құштар болған Жәдігер ағаның қауіпсіздік саласына келуі де жайдан жай емес. Өткенді еске түсіргенағамыз бұл жайында: «Бір күні мені Мемлекеттік Қауіпсіздік халық комиссариатының Ақтөбе облысы Ключевой аудандық бөлімшесіне шақырып, оның бастығы В. Иванов мырза маған мемлекеттік қауіпсіздік органына жұмысқа кіруге ұсыныс жасады. Біраз айдан кейін үй-ішіммен келісіп, бұл кісінің ұсынысына ризашылығымды білдірдім. Сонымен, 1944 жылдың қыркүйек айының басында МҚХК-ның Ақтөбе облыстық басқармасына жұмысқа кірдім. Осылайша кешкі мектепке ауысып, күндіз жұмыс істеп, 10 жылдық оқуымды тамамдадым. 1956-1961 жылдары Бүкілодақтық заңгерлік институттың Куйбышев қаласындағы филиалын сырттай оқып, үздік бітірдім. Қауіпсіздік органдарының соғыс уақытындағы жұмысы бейбіт күндердегімен салыстырғанда аса қиын және өте жауапты. Сондықтан, алғашқы уақытта жұмыс істеу маған оңайға түскен жоқ. Біраз тер төгіп, жұмыстың қыр-сырын үйренуге тура келді», – дейді.

Мемлекеттік қауіпсіздік саласында 43 жыл еңбек етсе, оның 36 жылын басшылық қызметке арнады. Әскери шені – полковник. 1987 жылдың қараша айынан бастап зейнеткерлікке шықты. Одан бері де 24 жылдай уақыт өтіпті. Десе де, демалысқа шықтым деп үйде қарап отырмады. 1988-1993 жылдары Талдықорған халық депутаттары облыстық кеңесінде заңдылық, құқық тәртібі және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы ретінде заңдылықтың сақталуына, дұрыс асырылуына өзіндік үлесін қосты. Жеңістің 60 жылдығында Жәдігер Шайхин Ресей Федерациясының арнайы медалімен марапатталды. Бүгінде «ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдары ардагерлерінің» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы кеңесінің төрағасы.

«Осы жасқа келгенше жеткен жетістігім өте көп. Оның қайсыбірін айтайын. Мен елге қалай қызмет етсем, халқым мені солай бағалай білді. Үйде отырсам да қазірге дейін айтқанымды ешкім жерге тастамайды, барынша қол ұшын беруге тырысады. Бір сөзбен айтсам, тағдырыма ризамын», – дейді қауіпсіздік ісінің тарланбозы Жәдігер Шайхин.

«Атымды адам қойған соң...» деп ойшыл Абай тұжырымдағанындай, мына дүниеге келген пенденің өз орнын тауып, ерелі межеден көрініп жатуы басты мұрат болса, Жәдігер Шайхин де тынымсыз еңбектің нәтижесінде үлкен белестерден өтіп, ерелі межеден көрінді. Оның істеген жақсылығы мен баянды еңбегі қашанда ел жадында сақталары анық. Сексен беске жеткен қарияға жүз жасаңыз дейміз біз де.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

●Тілек

Ұлт азаттығы үшін арпалысып, сол жолда күделерін өскіз төсеп құрбан болған Сырым батыр мен Тайманұлы Исатай және Өтемісұлы Махамбет, аты аңызға айналған данқты хан Абылайдың жолын қуған қолбасшы Кенесары хан мен Наурызбай батыр, Амангелді мен Бекболат батырлар, кең-байтақ қазақ жерінің сүйемін де жауына бермей, 60 жылғы соғыста, 100-ден аса шайқаста жеңіске жеткен, жеңілу дегенді білмей өткен батыр Қабанбай, (Ерасыл), Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай, дүрбелеңмен ел қорғауды мақсат етіп жүріп, он екіде бір гүлі ашылмай кеткен қос қыран Мәншүк пен Әлиялар рухы асқақ еліміздің алдаспандары емес пе?

Ел іргесі берік болсын

Ғасыр басында «Көзінді аш, оян қазақ, көтер басың...» деп басталатын Міржақып Дулатовтың күрес өлеңіпесі, қазақтың ұлы ағартушысы, ақын, публицист Ахмет Байтұрсыновтың:

Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып, – деген үндері бар қазақты дүр сілкіндірді.

Енді, міне, кешегі қазақ жастарын қып-қызыл қанға бөктірген 1986 жылдағы атышулы Желтоқсан қасіретінің өткенне де 24 жылдың жүзі болыпты. Сол бір Желтоқсанның ызғырық желіне қызыл империямен қырандай алысып, тәуелсіздік жолында арманда кеткен қыршын үл-қыздарымызды ешкімнің де ешуақытта ұмытуға қақысы жоқ.

16 желтоқсан – арылу күні деліне. Бұл күн – халқымыз ежелден еркіндік аңсаған Тәуелсіздік күні. Елінің егемендігі үшін шейіт болған алғашқы қарлығаштар Қайрат, Ербол, Ләззат пен Сәбира рухтарына да әрдайым мың да бір тағзым деп бас иеміз.

«Атадан ұл туса құл боламын деп тумайды. Анадан қыз туса күң боламын» деп тумайды", – деген екен қаз дауысты Қазыбек бабамыз. Көрдіңіздер ме, қалай?

Қайрат (әкесі Ноғайбай, анасы Дәметкен) Рысқұлбековтың есімі сонау бір 1987 – 1988 жылдары ату жазасын арқалап Алматы түрмесінде отырған кезінде, оның ерлігін елі мойындай алмай тұрған шағының өзінде қасындағы қазақ жастарының жүрегінен берік орын алған еді.

Сіздердің назарларыңызға түрме қабырғасынан қарақөз қарындастар мен жылы жүзді жеңгелерге жазған соңғы хаттарының бірін ұсынып отырмыз.

Шын жүрек, ақ көңілімнен,
Алғашқы көктемдей күлімдеген
Күттықтаймын 8 наурыз мерекесі,
Халықаралық әйелдер күнімен.

Қамқоршы қайын және ағаларың,
Жәрдем берер жағаларың,
Қыздар үшін тар қапаска
Келіп түскен гүлдерларың.

Желтоқсан құрбандарының көз жастарымен суарылып шыңдалған бүгінгі егеменді еліміздің қыз-келіншектері қазақ халқының азаттығы жолында аянбай жанын қиып, қыршын кеткен азаматының күрескерлік сезімімен өскен.

Қазақ деген затым бар,
Қайрат деген атым бар.
Еркек тоқты құрбандық,
Атам десең, атыңдар! – деген патриоттық өлең жолдарын оқығанда Қ. Рысқұлбековтың аруағы тағы бір аунап түсіп, «Халық қаһарманы» атағына ие болған жігіттің рухы биіктей береді деген ойдамын.

Ретті келгенде айта кетер алдымызда аса бір маңызды міндет тұр. Ол – аш болайық, тоқ болайық, қол жеткізген бостандығымыз бен тәуелсіздігіміздің қандай қиындықпен келгенін ұмытуымызға болмайтындығы дер едім.

«Тойдың болғанынан болады сықы» демекші, барша қазақстандықтардың жетістігі мен мақтанышы – ЕҚЫУ саммиті де өз мәресіне жетіп, сәтті аяқталды.

Енді Тәуелсіздігімізге 20 жыл толған мерейлі тойда һәм XXI ғасырдың 2011 Жаңа жылының қарсаңында жүздескелі отырмыз.

2011 жылдың әр күні қызық-қуанышқа толы болып, барлық шаңырақта бақыт пен бағын, ырыс пен несібесін, береке мен құтын, достық пен бірлігін ала келсін деген ізгі тілек білдіреміз.

Ең бастысы, елімізде мәңгілік тыныштық сақталып, халық іргесі берік болсын. Құдіреті күшті жасаған ием, лайым осы бейбіт таңнан айырмасын.

Зәуре НАКИПОВА,
байырғы ұстаз.

●Жігіт сұлтаны

ҰСТАЗДАР ЖЕҢІСІ

Білім шаңырақтарында еңбек етіп жүрген ұстаздардың білімі мен білігін, кәсіптік шеберлігін, танымын арттыруда түрлі шаралардың ұйымдастырылғаны лазым. Осы орайда Райымбек аудандық «Қамқор-2» кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің атына жылы лебіз білдірген артық емес.

Жетісу
Қанат БІРЖАНСАЛ

Аудандық білім және спорт бөлімі жанындағы аталған қоғамдық бірлестік соңғы жылдардан бері ер мұғалімдер арасында «Жігіт сұлтаны» байқауын өткізіп келеді. Оны дәстүрге айналдырған игілікті істері бар. Аталған байқау биыл да жалғасын тапты. Бірнеше сынақтан тұратын байқау қорытындысында Қ. Байғабылов атындағы орта мектептің мұғалімі Ернат Құсайынов алға шықты. Өнері, білімі, танымы, спортқа деген қатынасы бәрі-бәрі келісім тапқан ол «Жігіт сұлтаны» атанды. Ринат Қабыланбаев, Арман Мүшіров, Жарқын Мұратбеков, Дархан Байсейітов секілді мұғалімдер жүлделі орындарды еншіледі. Олардың бәріне «Қамқор-2» кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің бағалы сыйлықтары табыс етілді.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

●Қаперіңізде болсын...

ЖАЛҒАН НАМЫСТАН АРЫЛАЙЫҚ

Таяуда республикалық «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының облыстық филиалында аталған қордың директоры Ринат Талтұсов пен облыстық мүгедектер қоғамының жетекшісі Шолпан Сүттібаева қор мен қоғамдық бірлестіктің бірлесе отырып атқарған жұмыс барысынан хабарлама жасап, жеке кәсіпкер Любовь Осиповаға демеушілер тарапынан ұсынылған электронды таразыны тарту етті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Білгеніміздей, қазіргі таңда облысымызда 54264 мүмкіндігі шектеулі адам тіркеуде тұр. Дені шағын кәсіпкерлікпен нәпақасын айырады. Мемлекет тарапынан атаулы әлеуметтік көмек көрсетілгенімен олтек ішер ас, киер киімнен аспайды. Ал отбасылы адамдардың бала-шағаның қамы үшін базар жағалайтыны шындық. Түрлі кедергілер салдарынан бизнесін үлғайтуға жол таба алмай жатады. Осындай түйткілдің түйінін тарқату үшін «Даму – көмек» бағдарламасы қолға алынған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі адамдардың бизнесін дамытуға бағытталған. Аталған бағдарлама жұмыс жасаған жылға жуық мерзімде облыстық филиалға 20 өтініш түсіп, оның сегізіне тиісті көмек көрсетілген. Любовь Федоровна да осындай игілікке қол жеткізіп отыр.

Алайда, бұл көрсеткіш жоғарыда айтқан өңіріміздегі мүмкіндігі шектеулі жандардың санымен салыстырғанда өте төмен көрсеткіш. Әрине, бұған бола қор өкілдерін кінәлауға болмайды. Облыстық филиалдың бас маманы Жандос Нұрғазиновтың айтуынша, «Даму – көмек» бағдарламасы мүмкіндігі шектеулі адамдарға қаржылық жақтан көмек көрсетіп қана қоймай, кеңес және сұрақтарға жауап беру, бизнесті ұйымдастырудың жолын көрсету мен демеушілер тарту тәрізді шараларды атқарады. Осыған орай, қазірге дейін облыс аумағындағы 2000-нан аса адамға кеңес берілген. Осылайша айтқанда, жұмыс ойдағыдай жүргізілуде. Бір өкініштісі, бұл интернетке көптеп қосыла алмайтын, оның үстіне, орысшадан алыстап бара жатқан ауылдағы ағайындарға қол байлау болып тұр. Халқымыз. «Артық дәулет бас жармайды», – демеуші ме еді.

Егер тірлігіңізге тыныс беретін мұндай көмектің бар екенін білмесеңіз, мына телефонға: (7282) 21-01-42 хабарласыңыз немесе www.-fund-damu.kz сайтына кіріп, өз игілігіңізді жасауға жол ашыңыз. Бұған шағын бизнеспен айналысатын мүмкіндігі шектеулі барлық адамның ие бола алатыны қаперіңізде болсын.

●Табиғат – тал бесігің



Жасыл шырша желегі

Желтоқсанның 23 жұлдызында республика бойынша «Жасыл шырша желегі» атты акция ұйымдастырылған болатын.

Оған облыстық «Жасыл ел» штабының жасақшылары қатысып, қала тұрғындарын табиғатты аялауға, шырша ағаштарын рұқсатсыз кеспеуге шақырды.

Ақпараттарға сүйенсек, елімізде жыл сайын Жаңа жыл қарсаңында бес мыңнан астам шырша заңсыз отталады екен. Шыршаөте баяу, бір жылда 5 сантиметрге ғана өседі. Яғни оның 5 метрлік биіктікке жетуі үшін бір ғасыр қажет. Міне, осыдан-ақ шыршаның қаншалықты ерекше екенін түсінуге болады емес пе? Тағы бір айта кететін жайт, 2,5 метрлік шырша жылына 2 тонна оттегін бөледі. Мұны ескерсек, шыршаның көптеп кесілуі қоршаған ортаға қаншалықты қауіп төндіріп тұрғанын көзге елестете беріңіз.

Акцияға қатысушы жастар осы мәселе аясында дайындалған бейнероликті көріп, проблеманың алдын алу жолдары жөнінде пікір алмасты. Алғашқы шара ретінде «Жасыл ел» белсенділері қаланың қоғамдық орындарында тұрғындарды табиғатқа қамқорлықпен қарауға шақыратын үнпарақтар таратты. Сонымен қатар, штаб бастамасымен жоғарыда аталған бейнеролик облыстық «Жетісу» телеканалы арқылы бір апта бойы беріліп тұратын болды.

(ӨЗ ТІЛШІМІЗ).

ТӘРТКҮЛ ДҮНИЕ

АСТАНА

ЖЕР СЕРІГІ ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ

Ұлан-байтақ жері бар Қазақстан үшін телерадиохабарларын тарату мәселесінің аса маңызды соның алатындығы белгілі. Соған орай кейінгі жылдары жасанды жер серіктерін пайдалану жайына баса назар аударылуда. Бұл бағытта атқарылып жатқан нақты жұмыстар да жоқ емес. Осы жайттарды ескере отырып Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жер серігі жүйесін пайдалану арқылы отандық телерадиохабарларын одан әрі дамытуға бағытталған ҚР Заңына қол қойды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» деп аталатын бұл Заң, жоғарыда айтып өткеніміздей, жер серігі жүйесін пайдалану арқылы отандық телерадиохабарларын одан әрі дамытуға бағытталған. Заңның мәтіні жуық арада баспасөзде жарияланады.

ИЗРАИЛЬ

ПРЕЗИДЕНТ КЕШІРІМ ӨТІНДІ

Израиль президенті Шимон Перес екжақты саммит өткізу мерзімін кейінге шегергені үшін Ресей президенті Дмитрий Медведевтен кешірім сұрады.

Баспасөз агенттіктері хабарлағанындай, ресейлік кәсіпбасшы Израильге барады деп жоспарланған болатын. Ресей мен Израиль президенттерінің арасында Израиль жағының бастамасы бойынша сейсенбі 4 қаңтар күні болған телефондағы өңірлік барысында кешірім өтінген Перес өз еліндегі ішкі саяси мәселелердің салдарынан ресейлік-израильдік саммитті өткізу мерзімінің өзгертілуіне байланысты өкініш білдірді. Бір мезгілде кәсіпбасшылар 2011 жылғы қаңтар айының аяғында Давоста өтетін Дүниежүзілік экономикалық форум аясында екжақты кездесу өткізу жайында уағдаласты.

Ресей президентінің 2011 жылдың 17 қаңтарына белгіленген Израильге сапары Израиль Сыртқы істер министрлігі қызметкерлерінің ереуілінің салдарынан тоқтатылған болатын. Жергілікті БАҚ хабарлағанындай, израильдік дипломаттар жалақыны көтеруді және еңбек жағдайын жақсартуды талап етуде.

УКРАИНА

ЮЛИЯ МАЙДАНҒА ШАҚЫРДЫ

Украинаның бұрынғы премьер-министрі Юлия Тимошенко украиндықтарды 22 қаңтар күні Киевтің орталығындағы Майданға – Тәуелсіздік алаңына шақырды. «22 қаңтар күні біз Украинада айрықша мейрамдармыздың бірі – Бірлесу күнін атап өтеміз» деген ол билік басындағыларға украиндықтардың бірге екендігін осылайша ғана көрсетуге болатындығын атап өтті. Қазіргі кезде «Батькивщина» партиясын басқаратын Тимошенко билікті не сайлау жолымен немесе қарсылық көрсету акциялары арқылы ғана ауыстыруға болатындығын мәлімдеді. «Егер біздің адамдарымыздың бойында азаттыққа, Украинаға деген махаббат болса, Майданға шығып, бұл билік кеткенше тұруы керек... Парламент сайлауы басқа нұсқа болып табылады. Бұл адамдардың аман қалу мәселесіне келіп тіреледі», – деді Тимошенко.

Тимошенко мұндай мәлімдемені Киевтің Апелляциялық соты ғимаратының жанында тұрып жасады. Дәл осы ғимаратта бұрынғы ішкі істер министрі Юрий Луценконың шағымы қаралуы тиіс болатын. Сот ғимаратына кіре берісте Тимошенко журналистерге Юрамен бірге екендігін көрсету үшін келгендігін айтты.

Украинаның прокуратурасы Тимошенконың өзіне ол ел үкметін басқарып тұрған кезінде 380 миллион евроны мақсатсыз жұмсады деген айып тағып отыр.

Ел шаруар

Дәрігер.
– Сіз былтыр бізге емделген кезде ішуді мүлдем қойып, басқа адам болдым деген жоқсыз ба?
Ауру:
– Мен онсыз да басқа адам болдым, амал не, болғанымды қайтейін, өзі де ішімдікке салынып кетті.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 3 (17416) Сейсенбі, 11 қаңтар, 2011 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Ресми хабарлар

Теміржол жұмысы жақсарады

Еліміздің теміржол саласына 2011 жылы 268 млрд. теңгеден асатын инвестиция тарту жоспарланып отыр.

Бұл туралы Көлік және коммуникация министрлігінде өткен 2010 жылдың қорытындылары мен 2011 жылдың жоспарларына арналған алқа мәжілісінде Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы Нұрлан Алдабергенов мәлім етті.

Оның сөзіне қарағанда, биылғы жылы тартылғалы отырған инвестиция өткен жылғыдан 40 пайызға артық. Атаулыға қаржыға 623 шақырым жоғарғы құрылым жөнделетін болады. Сондай-ақ, 69 локомотив пен 6070 вагон сатып алынып, 85 локомотив жөндеуден өтеді. Бұған қоса тағы 1200 жүк вагон жөнделеді.

Мемлекеттік органдар қызметі бағаланады

Елбасының тапсырмасына сәйкес 2011 жылы барлық орталық мемлекеттік органдардың қызметін бағалау жүргізіледі.

Аталған мәселе жөнінде ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің 2010 жылдың қорытындысына және алдағы даму жоспарына арналған кеңейтілген алқа мәжілісінде атаулыға ведомствоның Жауапты хатшысы Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

Мемлекеттік орган қызметінің елімізді дамыту көрсеткішіне ықпал ету дәрежесін анықтау мақсатында, Елбасының Жарлығымен «Мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін жыл сайын бағалау жүйесі» өзірленіп, бекітілді», – деді ол.

Жарлыққа қол қойды

1992 жылдың 10 қаңтарында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері туралы» Жарлыққа қол қойды.

Қазіргі уақытта жедел мақсаттағы әскери бөлімдер полиция қызметкерлерімен бірлесіп еліміздің 18 қаласындағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Тек өткен жылдың ішінде ғана 4503 патрульдік қызмет міндеті орындалып, әскери жасақ 110 мыңнан астам құқық бұзушыны ұстап, ішкі істер органдарына жеткізді. Оның ішінде қылмысқа қатысты күдіктіні ұсталғандардың саны – 3495. Сондай-ақ, 163 суық және 58 ату қаруы тәркіленіп, жалпы салмағы 2,7 келі болатын 255 әртүрлі есірткі заттары заңсыз айналымнан алынып тасталды.

РОЖДЕСТВО МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Көпұлтты Қазақстанда бірнеше діни мейрам бар. Олардың ішінде мұсылмандардың басты мерекесі Құрбан айт күні, сонымен қатар Юлиан күнтізбесімен өмір сүретін православие дінін ұстанушылар үшін Рождество демалыс күндері болып жарияланған. Бұл - мемлекетіміздің азаматтардың діни наным-сенімдеріне құрметпен қарайтындығының белгісі.

Жетісу
Айнұр ӘБДІРАХЫМ

Жаңа жылдан кейін көп уақыт өтпей-ақ, яғни 7 қаңтар күні православие дінін ұстанушылар Рождество мерекесін атап өтті. Мереке иелерін Елордада Елбасының өзі құттықтады. Бұл күні Талдықорғандағы Иоанн-Богослов соборына да халық көп жиналды. Соборға облыс әкімі Серік Үмбетов келіп, ізгі тілектерін білдірді. – Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасында Қазақстанда конфессияаралық ынтымақтастық орнаған. Бұл орайда орыс православие шіркеуінің алатын орны ерекше. Сондықтан барлығыңызды Рождество мерекесімен шын жүректен құттықтаймын, – дей келе Серік Әбікенұлы балаларға



сыйлықтарын табыс етті. Өз кезегінде Григорий Смурыгин әкей қамқорлығы үшін облыс әкіміне шексіз алғысын білдіріп, денсаулық тіледі. «Біздің мақсатымыз да, арманымыз да бір. Ең бастысы, біздің күшіміз бірлікте. Мен осыны ылғи насихаттап жүремін. Өйткені бірлік елді биікке жетелейді», – дейді Григорий Смурыгин әкей. Салтанатты рәсімнен кейін Серік Әбікенұлы жексенбілік православие мектебінің балалары әзірлеген театрландырылған көріністі тамашалады. Иса пайғамбардың дүниеге келуіне байланысты оқиғаларды шебер бейнелеген балалар шіркеуге жиналғандардың қошеметіне ие болды.

КЕЛЕЛІ ІСТЕР КЕЗЕҢІ

«Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қапшағай қаласына сәйкес облысымыздың барлық аймақтарының бастауыш, орташа, кәсіптік және жоғары оқу орындарында өсіп келе жатқан жастарды біріктіруге бағытталған «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының түсіндіруі және «Нұр Отан» ХДП XII съезінің шешімдерін орындау бағытында есепті кезеңде аудандық филиалдың атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы баяндаманы филиал төрағасы Өскербек Тұрарбекұлы жасап, ауданда атқарылып жатқан игі істерге тоқталып өтті. Бүгінгері Ақсу ауданында «Нұр Отан» партиясының 2427 мүшесі бар екен. Олар 22 бастауыш ұйымдарға біріктірілген. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың алға қойған міндеттерін орындау жолында мақсатты жұмыс жүргізіп келеді. Аймақтағы табиғаттың жайсыздығына қарамастан аудан жылма-жыл ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде бірқалыпты табыстарға қол жеткізген. Әсіресе, төрт түліктің саны артып, диқандардың жұмысы да жемісін бере бастады. Өлемді жайлаған экономикалық дағдарысқа қарамастан Ақсу ауданы баяу болса да сенімді түрде өрге жылжуда. Оған әсресе елімізде қабылданған «Жол картасы», «Жастар тәжірибесі» бағдарламалары оңды ықпалын тигізуде. Аудан көлемінде жергілікті жолдар мен ауыл ішіндегі көшелер күн өткен сайын жаңарып, жасарып келеді. «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша жұмыссыздарға көпшілік жас мамандар өз орындарын тауып қызметтер көрсете бастаған.

Өскербек Тұрарбекұлы өскерген мәселелер көтерілген мәжілісте «Ақсу сервис» ЖШС директоры Ғалымжан Ақтаев, «Ақсу су» ЖШС директоры Ғалымжан Байдалиев, «Ақсу» ЖШС директоры Ғалымжан Ақтаев, «Ақсу» ЖШС директоры Ғалымжан Ақтаев, «Ақсу» ЖШС директоры Ғалымжан Ақта

БЕРЕКЕМІЗ – БІРЛІКТЕ

Елбасымыз Жолдауын кеңінен насихаттау мақсатында өзіндік-ақпараттық сапар бойынша Елордамыз Астанадан Алматы облысына аттанды екен.

(1-бетке назар аударыңыз).


Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

Jetisu2002@mail.ru

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ №28 (17441) сенбі, 19 ақпан, 2011 жыл Бағасы келісімді

ЖҮРЕК ҮНІ



Нұрғали НҰСПЕКОВ, Қазақстанның Халық әртісі

Аталар аңсаған азаттық

Жер бетінде тәуелсіздігін мақтанбайтын халық бар ма? Әрине, жоқ. Сонау жоңғар жайлап беріп, жан алысқан небір шайқастардың өткен тарихтан белгілі. Осыған қарап тұрып-ақ азаттықтың қандай қымбат ұғым екенін байқауға болады. Қазақ елінің тәуелсіздігі – Отанымыздың басына конған бақыт құсы. Оны қорғау, жалау, қастерлеу – барлығымыз міндетіміз.

Әрине, тәуелсіздікке біз экономикалық ұдайы нәтижесінде жеттік. Солай дегенмен, оның орындалуы оңай болады деуге хақымыз жоқ. Өйткені, ең қасиетті мұрат бойы ата-бабаларымыз аңсаған азаттықты ақсап жеткізбеуге, Арманын, үмітін ұрпақтарына шынайы өткізуге.

Сондықтан мен бүгінге желіберіп тұрған ешбір байрақтан аталарымызды өзім де, кейін де кәрі тұрғандай болағым. Барлық халық сияқты сенімде, осындай сенімде жүрдік өткендегі облайымын. Атадан тұған ұл екендігімді дәлелдейтін ең негізгі фактор – тәуелсіздікті арашалау



ЕЛ МҮДДЕСІ – ЖЫР ТІЛІ

Дулат БАБАТАЙҰЛЫ

...Би мен бектің сәні жоқ,
Елін қорғай алмаса,
Тұра жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса.

Батырлықтың сәні жоқ,
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Елерген түлпар ерттеліп,
Толғаулы найза қолға алып,
Түйғын құстай толғанып,
Сары садақ асынып,
Егескен жауды қашырып,
Ұлын қорып жауынан,
Ереуілеген өгер дауынан,
Тұтамдап оқ жонбаса

ИНВЕСТИЦИЯ

ТЕҢДЕСІ ЖОҚ автодром салынады

Алматы облысында алдағы жылдары топ бір тамаша әрі ерекше жоба жүзеге асырылмақ. Алматы облыстық әкімдігі мен «Сокол» автодромын» спорттық-техникалық кешенін ЖШС гоңсырис беруші болып тәбелетін бағдарламаны Алматы облысы әкімдігінің туризм, спорт және дене тәрбиесі басқармасы мен «Регион жобаларын ЖШС жасақты.

Жетісу
Бөлат АБАҒАН

Бұл бағдарламаның басқалардан артықшылығы мен ерекшелігі оны жүзеге асыруды ойға алғандардың Жетісу жерінде салынатын аса ауқымды әрі салмақты жобаға 40 миллион *алынатын қаржының қомақтылығына қарағанда, ойға алғандарының болашағы аса зор, облыс қазынасын толықтыруға үлкен септігі тиетін сынайлы. Кеше ғана қысқы Алматыны жоғары дәрежеде ұйымдастырдық. Қазақстан командасының қорғасындағы медальдардың тең жартысынан астамын Алматы облысы аумағында орналасқан спорттық нысандарда өткен жарыстар барысында жеңіп алды жігіттеріміз бен қыздарымыз. Бүгін таныстырып отырған бағдарламаларың жүзеге асып, ұзақыр автожолдар арасында халықаралық жарыстар өткізу мүмкіндігіне қол жеткізсек, жаман бола ма!*





АҚШ долларын салуға ынта білдіріп отырғандықтары мен елімізде, оның ішінде Алматы облысының аумағында спорттың техникалық түрлерін дамытуға арналғаны. Жобаны таныстыруға арналған шарада арнайы қатысқан облыс әкімі мен оның орынбасарлары да инвестиция ретінде аса қомақты қаржы тартылғалы отырған іргелі істің бүге-шүгесіне мұқият үңілді, жай-жапсарын егжей-тегжейлі сұрады.

Облыс басшысы Серік Үмбетов өңірді өркендетуге инвестиция салуға байланысты ұсыныстардың әрдайым қолдау табатынын айта келе, Жетісу өңірінде жұмыс істейтіні келетіндерге есіктің әрдайым ашықтығын білдірді.

– *Баяндауларыңа және сан-фунге арналған алаң», «Алптық жағдайға қарсы дайындау тас жолы», сондай-ақ конакүй кешендері, көрермендерге арналған мінберлер мен кешеннің толық әрі тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті тағы басқа да спорттық және техникалық құрылыстар. Іліретін «Сокол» автодромы» спорттық-техникалық кешенін 205 гектар болатын алаңға орналастыру жобаланған. Қазіргі кезде оның орны да анықталыпты. Нақтырақ айтқанда, Алматы облысы, Іле ауданы аумағы арқылы өтетін Алматы – Қарағанды автокөлік трассасының 76-шы шақырымына ТМД-да теңдесі жоқ автодром қоныстанбақ. Таңдап алынған алқап көлік спортының барлық түрдегі тас жолдары мен автодромға қызмет көрсету нысандарын орналастыруға қатысты ҚР Құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келеді. Сонымен бірге мұндағы инженерлік коммуникациялардың шешімі де қарастырылыпты. Мәселен, электр қуатымен қамтамасыз ету үшін әрқайсысы 630 және 1000 КвТ болатын екі дербес электр көзіне қосылатын трансформаторлар, оған қоса дизельдік электрстансы орнату ойластырылған. Қажетті техникалық суды Сорбұлақ жасанды көлінен алуға мүмкіндік бар. Ауызсу және тағы басқа мәселелерді шешу рет-ретімен ойластырылуда.*

Дастан Әділжанұлының айтуына қарағанда, жобаны жүзеге асыру барысында көптеген адам жұмыспен қамтылатындығы өз алдына, ал ол пайдалануға берілгенде 300-400 адам тұрақты жұмыс орнына ие болады. Бұл өз кезегінде сол манда орналасқан елді мекендер тұрғындарын жұмыспен қамту проблемасын оңтайлы шешуге мүмкіндік береді.

Іле ауданының әкімі Николай Логутов автодром салуға таңдалып алынған алаң ауыл шаруашылығы мақсатына арналғандықтан оның өтемақысы ретінде 63 миллион теңге төленуге тиістілігін ескертті. Барлығы заң аукымында атқарылса, ешқандай кедергінің жоқтығын мәлімдеді. Ал облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов ауыз су тарту мен электр қуатымен қамтамасыз етуге қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Жаңалығы көп жобаны таныстыру барысында түсінбестік болған жоқ. Өңірдегі өркенді іске аса қомақты қаржы салуға ниет білдіргендердің қадамын облыс басшылығы құп алды және тиісті қызмет салалары басшыларына қажетті құжаттарды тез арада әзірлеу және барлығын заңдық негізде жүзеге асыруды тапсырды. Бағдарламаны орындауды бақылап отыратын орындау комитеті – Үйлестіру кеңесі құрылатын болды. Амандық болса, елімізде «Формула-1» сияқты құймынды автожарысты тамашалар кез де келеді.

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

Насихаттық топ елішінде

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауын облыс тұрғындары арасында насихаттау мақсатында облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық басқармалар, департамент басшылары мен олардың орынбасарларының құрылған құрамында 90 адамы бар 19 облыстық ақпараттық-насихат тобы 17 ақпаннан бастап аудандар мен қалаларға аттанды. Топ мүшелері аудан орталықтарына ғана емес, ірі елді мекендерге, шалғай орналасқан ауылдарға да барады.

Елбасының биылғы Жолдауы – ерекше. Бұл, ең бірінші, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы, индустриалдық-инновациялық даму, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жетілдіру, білім, денсаулық сақтау мәселелеріне арналып отыр.

Сонымен бірге насихаттаушылар Жолдаудың елімізді экономикалық-әлеуметтік және қоғамдық-саяси дамуының «Қазақстан – 2030» Стратегиялық бағдарламасын орындаудың алғышарттары екендігіне, Қазақстанның 20 жылдық тәуелсіздігін бекемді етудің басты бағыттарына жан-жақты тоқталатын болады

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

ҚҰРМЕТТІ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ САЙЛАУШЫЛАРЫ!

2011 жылдың 3 сәуірінде өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті тікелей сайлауына байланысты Талдықорғанда «Қазақтелеком» АҚ-ның облыстық филиалының ғимаратында шет ел мемлекеттері мен халықаралық ұйымдар бақылаушыларына, шет елдің бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне жарнамасы Орталығының кеңсесі ашылды.

Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша аймақаралық «Жетісу» комитеттік бақылау инспекциясының бастығы Өмұханбетов Сайлаубай көмекшісі Орталығы жұмыс тобының басшысы, ал оның орынбасары – жолаушы тасымалдау көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастығының орынбасары Досанов Болат Құлмұқаұлы.

Жарнамасы Орталығының мекенжайы:

040000, Талдықорған қаласы, «Жігер» бизнес-орталығы, Ақын Сара көшесі 137, 2 қабат, 12 бөлме, тел: (87282) 274313, факс 270042. (e-mail dosbol@bk.ru).

АКЦИЯ

ТІЛЕКТЕР ТІЗБЕГІ

ақпараттық-идеологиялық шеруі

Елімізде тұңғыш рет өткелі отырған әйелдер съезіне орай, Қазақстан республикасы Отбасы, әйелдер ісі және демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясы мен республикалық «Қазақстан азаматтық альянсы» қоғамдастығы бірлесе ұйымдастырған «Тілектер тізбегі» атты ақпараттық-идеологиялық шерудің бергі мол. Акция барысында Елбасының халыққа Жолдауы насихатталып, алдағы болашаққа деген жұрт сенімі нығаятын болады.

Бірінші рет Талдықорған қаласынан басталған маңызды шараның сәтті жалғасуына облыстық «Қазақстан азаматтық альянсы» қоғамдық бірлестігі мұрындық болса, қала әкімдігі үлкен қолдау көрсетті. Осыған орай, әр салада қызмет ететін белсенді әйелдерден құралған топты ұзата шыққандар жылы лебіздерін білдіріп жатты.

Белсенді топ акция аясында Талдықорған-Текелі-Үштөбе-Талдықорған бағытымен жолға шықты. Олар барған жерлерінде студенттер, көп балалы аналар, зейнеткерлермен түрлі кездесулер өткізіп, конференция автожарыс, байқау ұйымдастырып, ойға алған жоспарларын өз деңгейінде орындап қайтпақ.

Қ. АНДАС.

Суретті түсірген Ж. МҰСАЛЕКОВ.



ӘЙЕЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ҰЛТ БОЛАШАҒЫ АНАЛАР ҚОЛЫНДА

Астана орталығында «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы ғимаратының мәжіліс залында Алматы облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы, демографиялық саясат жөніндегі комиссияның ұйымдастыруымен «Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы әйелдердің рөлі» атты өткелі конференция өтті.

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Оның жұмысына облыстық департаменттер мен басқармалар басшылары, үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері, білім, құқық қорғау, мәдениет салаларының қызметкерлері, аудан мен қалалардың белгілі ұстаздары мен дәрігерлері, ата-аналар қауымы қатысты.

Конференцияны ашып, жүргізіп отырған облыс әкімінің орынбасары, облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы демографиялық саясат жөніндегі комиссияның төрағасы Серік Мұқанов делегаттарды алқалы басқосудың ашылуымен құттықтап, конференцияның күн тәртібін бекіткеннен кейін талқылауға шығарылып отырған мәселе бойынша баяндама жасады.

– 2011 жыл Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тарихи маңызы болып табылады. Елбасының Жарлығына сәйкес бұл жыл «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылдығы» ұранымен өтетіні баршаларыңыз жақсы білесіздер, – деді Серік Мейірханұлы сөзінің басында. Баяндамашы бірер жылдың бедерінде Қазақстанның әлемдегі беделін бекемдеуге қатысты атқарылған ауқымды шаралардың тізбе тізек етті.

(2-бетке назар аударыңыз).

Апта тынысы

16 ақпанда Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыс әкімі Серік Үмбетов тұрғындар алдында есеп беру жиынын өткізді.

Сәрсенбі күні облыс әкімі Серік Үмбетов 2011–2016 жылдарға құрылысын жүргізу жоспарланып отырған «Сокол автодромы» спорттық-техникалық кешені жобасымен танысты.

17 ақпанда облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың төрағалығымен облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың 2010 жылғы атқарған жұмыстарының қорытындысы және 2011 жылға арналған міндеттер бойынша облыстық жиын өтті.

Бейсенбі күні «Тәуелсіздіктің қалыптасуындағы әйелдердің рөлі» тақырыбында өткен конференцияда облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов баяндама жасады.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АРДАГЕРЛЕР АРАМЫЗДА

ҚАРИЯЛАРДЫҢ тағылымды жұмысы



Алматы облысы ардагерлер ұйымының жұмысы республика аумағында кеңінен қолдау тауып, жекелеген ұйымдастыру шаралары ел көлемінде тәжірибе ретінде таралуда. Қазіргі кезде барлық аймақтарда ұйымдастырылып, еліміздің рухани тұрғыда дамуына айтарлықтай үлес қосып отырған қариялар ұйымдарының негізі Жетісу жерінде қаланған. Сондықтан күні кеше VI есеп-беру және сайлау конференциясы өткен «Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының екі конференция арасында атқарған жұмысына оң баға берген дұрыс. Есеп беру және сайлау конференциясына облыстың әр аудан мен қаласынан жиналған, қариялардың Астанадан ат арытып жеткен «Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Бекболат Мұқышевтың облыстық филиал жұмысына «қанағаттанарлық» деп баға беруін, төрағалығына Егеубек Далбағаев ақсақалдың қайта сайлануы бұған толық дәлел болады.

Талдықорғандағы Тип сарайының мәжіліс залында өткен есеп беру және сайлау конференциясына жиналғандар ардагерлер ұйымының соңғы жылдары атқарған жұмысын деректі фильм арқылы тамашалады. Облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Егеубек Даданбекұлы ұйымның екі конференция аралығындағы бес жылда жүргізген жұмыстары мен алдағы міндеттері жайлы жан-жақты баяндама жасады.

Облыстағы барлық аудандық, қалалық және бастауыш ұйымдарда есеп беру және сайлау конференциялары болыпты. Ұйымдық жағынан нығайған ардагерлер ұйымдары қоғамның белсенді топтарының қатарынан табылған. Қазіргі кезде өңірде 628 бастауыш ұйым жұмыс істейді. Ардагерлер ұйымының жұмысына облыс басшысы тарапынан жанды қолдаулар жасалуда. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы да өз деңгейінде ұйымдастырылды. Ардагерлердің тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін бюджеттен 53,5 миллион теңге бөлініп, тұрып жатқан үйлерін күрделі жөндеуден өткізуге 12 миллион теңге жұмсалыпты. Тып ардагерлері де қошемет пен құрметтен, сыйлықтан құр қалмапты. Қариялардың денсаулығын нығайту, жолаушылар көлігінде тегін жүруі қамтамасыз етілген. Облыс орталығында 1000 адамға есептелген «Ардагер» мамандандырылған емханасы жұмыс істейді. Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға қойылған ескерткіштердің барлығы ретке келтіріліп, маңайлары абаттандырылды.

– Бүгінгі күні жетісулық ардагерлердің тұрмыстық жағдайы, демалуы мен емделуі, қоғам өмірінен тысқары қалмауы толық ойластырылған. Біздер өз кезегімізде ұлттық салт-дәстүрімізді жастарға үйретіп, олардың тәрбиесіне үлес қосудамыз. Облыс басшысының тікелей қолдауымен өткен «Атадан ұлағат» атты облыстық аталар кеңесі мен «Әжелер – отбасының берекесі» атты облыстық форумның жас ұрпаққа бергені мол. Облыстық «Жетісу» газеті жаңынан айына екі рет «Ардагер» атты газетіміз шығады. «Жетісу» телерадиосында «Қарттарым – қазынам» атты арнайы бағдарлама бар. Аудандар мен қалаларда «Ардагерлер үйі» салына бастады. Амандық болса, биыл Талдықорғанда осындай сарай тұрғызылады. Көріп, естіп отырғандарымыздай, біздерге барлық жағдай жасалған. Мәселелердің бәрі ретімен шешімін табуда. Сондықтан да, біз еліміздің өркендеуіне өз үлесімізді қосып, жас ұрпақтың отаншыл болып өсуіне атсалысуымыз керек. Бұл – біздің мәртебелі міндетіміз, қасиетті борышымыз, – деген Егеубек Даданбекұлы Қазақстанның бүгінгі жеткен биігінде Елбасының еңбегі ерекше екенін айта келе, алдағы сайлауға қариялардың да белсене қатысатындығына сенімін білдірді.



Суретті түсірген А. КАЖЕКЕ.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 наурыздағы №1567 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-ождан кодексі (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары)

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Шәлкен ЖҰМАДІЛОВА,
Білім министрі



МЕМЛЕКЕТШІЛДІК НЕМЕН АЙҚЫНДАЛАДЫ?

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУДА

Сейілбек МҰСАТАЕВ, Абай атындағы ҚазҰПУ теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдарының докторы:


Сейілбек МҰСАТАЕВ

– Қазақтанның егемендігін ығайту мен жан-жақты дамуының өзегінде жатқан басты рухани құндылық – мемлекеттілдік сана. Осы жерде мәселеге тереңдеп бойламай тұрып, бұл ұғымның мәнін ашып алған жөн сияқты. Сана – өте күрделі көп қырлы құбылыс, сондықтан да оң түрлі ғылым тарапынан зерттеледі. Бұлардың әрқайсысы оған өздерінің мақсат-мүдделеріне сай анықтама беруге тырысады. Осыдан келіп сана ұғымы туралы ширатаныс тумайды. Философиялық тұрғыда жалпытанылған пікір бойынша, сананы болмыс анықтайды, яғни адам миының объективті шындықты сезімді немесе логикалық образдарда мақсатты түрде жан-жақты және баға беру түрінде бейнелеуі. Ал саяси сана – өмірдегі саяси қатынастарды бейнелейтін, оларды түсініп-сезінетін, адамдардың бұл салалағы іс-әрекеттеріне бағыт-бағдар беретін әлеуметтік сезімдердің, түсініктер мен көзқарастардың жиынтығы.

Мемлекеттілдік сана болса елдің тарихына, ұлттық-саяси салт-дәстүріне, географиялық орналасуына байланысты қалыптасып, тәуелсіздіктің, тұрақтылық пен дамудың маңызын, егеменді ел ретінде әлемдік даму үрдістерінді алатын орны мен ролін түсіну керек саяды. Сол үшін мемлекеттілдік сананы елімізде тәуелсіздігі алуымен бірге соңғы 20 жылда қалыптасқан ұғым деп шолақ қайыруға әсте болмайды. Бұл қасиетті сана түрі қазақ халқының ежелгі тарихынан бастау алады. Осыған байланысты Қазақстан Президенті Н. Назарбаев 1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайында: "Қазақ халқының тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды. Хандықтың құрылуы бір басқа, бүгінгі қазақ халқы – соңау есте жоқ ескі заманнан-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық", – деп тұжырымдауы тарихи ақиқатты бейнелейді.

Яғни қазақ халқының мемлекеттілдік санасы ежелден-ақ қалыптасқан деп батыл айта аламыз. Тіптен арғы тарихты қозғамағанда, XV-XVIII ғасырлар арасында 300 жылдай Қазақ хандығы жеке мемлекет ретінде өмір сүрді. Өкінішке орай, Ресей бодандығына ену қазақ этносын көптеген сапалық белгілерінен айырды. Соның бірі мемлекеттілдік ойлауға қабілеттілік болатын. Қазақ халқының сақталуы, тарих бетінде қалуы күмәнді болған жағдайда оның әлемдік күрестерге қатысуы мәселесін қою тіптен мүмкін емес болатын. Сондықтан қазақ ұлтының мемлекеттілдік санасы 1991 жылдан бастап тәуелсіздікпен бірге қайта жаңғыруда. Осы жерде әділдік үшін айта кету қажет, мемлекеттілдік сананы қалыптастырушы елдің саяси және интеллектуалды элитасы. Әсіресе, қоғамдық пікірлем саласындағы мемлекеттілдік сананы дамытуға ықпалы зор. Сондықтан қоғамдық ғылымдарға мән беру қажет.

Қазақтың мемлекеттілдік санасын айқындаушы құндылықтар – елдік, яғни егемендік, тәндік, тәуелсіздік, ұлттық салт-дәстүр, рух, тіл, дін. Қазақ жерінің кең болуы ата-бабаларымыздың еркіндікті аңсап, емін-еркін өмір сүруі мен Отанды қорғауының арқасында. Мемлекеттілдік санамыздың басты ерекшелігі осында. Сыртқы жауларға қарсы қазақ тарихында қаншама соғыс, алапат зұлматтар өтті. Бостандыққа ұмтылып, құлдыққа көнбеу үшін Сырым, Кенесары мен Наурызбай батырлар, Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістер болды. Қазақта «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген жазылмаған заңдылық бар. Бұл – дала демократиясының жетістігі. Біздің ел тарихтың белгілі тұстарында саяси-әлеуметтік тұрғыда тәуелді болса да, рухани тәуелсіз болған. Қазақ зиялылары XX ғасырдағы репрессия жылдары түрмеге жабылып, атылып жатса да, ұлт мүддесі үшін айтарын айтып, жазарын жазып, рух тұрақтылығын, асыл адам айнымастығын көрсете білді.

Бүгінде көпұлтты мемлекет болып отырған тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін мемлекеттілдік сананы айқындаушы құндылықтардың бірі – жалпыұлттық идея қалыптастыру болып отыр. Көпұлтты мемлекет үшін құрамындағы түрлі ұлттардың, ұлыстар мен ұлттық-этникалық топтардың өкілдерін елдің тең құқықты азаматтары ретінде патриотизм мен "бірліктегі көптүрлілік" принципіне негізделген жалпыұлттық идеяға бірктіру маңызды. ҚР Конституциясы бойынша елімізде идеологиялық көптүрлілік бекітілген, яғни, плюрализм, пікір әр алуандығы танылады. Қазақстандықтар бір ғана үстем идеологиядан бас тартып, көзқарастардың салыстырылуын, идеялардың көп түрлілігін, пікірталасты, кең диалогты қолдап отыр. Ең бастысы – бұл ұлттық сана-сезім мен ойлау үлгісінің жалпыадамзаттық-интернационалдық құндылықтармен суарылып, дамып баюына мүмкіндік береді. Бірақ Қазақстанның тұрақты бір бағытталған ресми идеологиясының болмауы оның даму бағыты мен қалқын тоқтастырып жалпыұлттық идеясы жоқ деген сөз емес.

Қазақстандық мемлекеттілдік сананың атқаратын басты қызметі мен мақсаты – ел құрамындағы түрлі ұлттардың, ұлыстардың, ұлттық және этноәлеуметтік топтар мен мемлекеттің байырғы ұлты – қазақтардың өзіндік ерекшеліктерін, ұлттық болмысын, тыныс-тіршілігін сақтап әрі дамыта отырып және бұл тұрғыда бір біріне түсініктікпен қарап, өздерін тең құқықты азаматтар ретінде сезінетін, отырып, Отанымыз Қазақстан Республикасын дамытуға жұмылдыру.

Қазақстандық мемлекеттілдік санаңы қалыптастыру өзекті міндет, ол көпұлтты мемлекеттің өркендеп дамуындағы басты шарттардың бірі, өйткені қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани салаларымен үзілмес бірлікте. Сәйкесінше осындай күрделі мәселені шеше отырып, көпұлтты мемлекет халқын ортақ мақсатқа біріктіретін мемлекет саясатының ролі ерекше екені даусыз. Әлемдік тәжірибеге көз салсақ, бұл мәселеге әрбір көпэтносты мемлекет ерекше назар аударуда.

Көп этносты республиканың ішкі бірлігі мен саяси тұрақтылығын нығайтып, өркениетті, дамыған нарықтық экономикалы, азаматтық-құқықты қоғам құруды қарастыратын мемлекеттілдік санасын дамыту – демократияға бет алған Қазақстан сияқты жас мемлекетте ең маңызды міндеттердің бірі. Себебі Қазақстан Республикасының көпұлттылығы оның күш-қайратының негізі деп айтылғанымен, көпэтносты құрам оның ең нәзік жері де екені ақиқат.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы мемлекеттілдік санаңы қалыптастыру мен дамыту мақсатында қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық, ұлттық, мәдени-рухани, діни, геосаяси, экология демографиялық сияқты бар саласымен тығыз ықпалдасатын іргелі мемлекеттік саясат жүргізуде. Осының арқасында елімізде саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім орнап, «Қазақстан-2030» стратегиясын көздеп, үдемелі дамуға мүмкіндік туып отыр.

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ҚАЖЕТ

Оразгүл МҰХАТОВА, тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры:


Оразгүл МҰХАТОВА

– Мемлекеттік сананы қалыптастыру – аса күрделі де ұзақ уақытты талап ететін үдеріс, өйткені ол қоғамдағы саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелермен тығыз байланысты. Мемлекет негұрлым экономикалық жағынан дамыған, саяси өмірі тұрақты, әрі демократиялық ұстанымдарға негізделген, тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыс жағдайы жоғары болса, соғұрлым қоғамдағылардың санасының деңгейі де жоғары болатыны белгілі. Бұны қазіргі уақыттағы әлемдегі түрлі елдердің өмірі мен саясатынан айқын көруге болады.

Мемлекеттік сананы қалыптастыруда идеологияның ролі өте зор. Мемлекеттік немесе ұлттық идеология болмайынша мемлекеттік сананың да болуы мүмкін емес. Себебі мемлекеттік идеология сананы қалыптастыру барысында үнемі әрекет етеді. Идеология берік өркениеттілік ұстанымдарға сүйенетін болса, оның әрекетінің нәтижесі де қомақты болары сөзсіз. Тарихтан мысал келтіретін болсақ, кешегі Кенес Одағында мемлекеттік идеология үздіксіз, әрбір мақсатта жүргізілді. Коммунистік партия өзінің саясатын идеологиямен тығыз астастыра отырып, қоғамның кез келген саласында көздеген мақсатына қол жеткізді. Соның нәтижесінде КСРО өз көзқарастарымен дүние жүзінде ерекшеленді.

Мемлекеттік идеология қалыптастыруға жүздеген жыл бойы болданудықта болу, кеңестік модернизация мен тоталитаризм келері бола алмайды. Керісінше бұлардың барлығы ұлттың шыныгуына, қайнылықты кезеңдерден жоғалып кетпей сақталып қалуына ықпал етті. Қазақстандағы байырғы ұлттың бай тарихи мұрасы, тарихи білімі, мәдениеті, салт-дәстүрі мемлекеттік, яғни ұлттық идеология қалыптастыруға негіз бола алады.

Ұлттық идеология өзін өзі таныған ұлт бар жерде ғана дүниеге келеді. Сондықтан да біз, қазақтар алдымен өзімізді өзімз танымыз кажет. Өзін өзі тану жаңанда мықты, тарих белестерінде жеңіске жете алған ұлтқа ғана тән.

Біздің өзімізді танымызға алғышарттар жасалған. Бірінішден, Кенес Одағы мыңрағанан кейін ата-бабаларымыз жүздеген жыл бойы армандаған, сол үшін күресіп келген тәуелсіздікке қол жеткіздік. Екіншіден, тарихымыз бен мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді жаңғыру, қайта түлеу бағытында шаралар атқарудамыз. Мәдениетімізді әлемге таныту мақсатында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын қабылдадық. Үшіншіден, 2030 жылға дейінгі мемлекеттің даму стратегиясы анықталды. Елдің даму басымдылықтары Елбасының жыл сайынғы Жолдауларын арқылы нақтыландырылып отыр. Төртіншіден, республикада саяси тұрақтылық орнатылған. Мұның өзі мемлекеттің алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бесіншіден, мемлекеттік идеологияны насихаттауға үлес қосатын бұқаралық ақпарат құралдары өз қызметтерін заманауи талаптарға сәйкес икемдеген.

Ендігі жерде тек нақты мемлекеттік идеологияны қалыптастырып, оны үнемі өрістетіп отыру міндеті туындайды. Идеологияны қалыптастыруға мемлекеттік билік және оның тармақтары, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, қоғамдық ғылымдар саласындағы зияткер қауым, ғалымдар атсалысулары тиіс. Сонда біржақты билік басымдағылардың ғана емес тұтастай қоғамның бірмақсатты идеологиясы дүниеге келеді. Сонымен қатар, өткен тарихымыздағы осы мәселеге қатысты тұжырымдарды ешқандай бұрмалаусыз, ғылыми тұрғыдан, әділ бағалап, ұлттық мүддеге сай қорытындылар жасау керек. Сол ұстанымда жаңанда қазіргі болып жатқан келеңсіз оқиғаларды күрт азаятын еді. Екінші мыңжылдықтың басында түркі әлемінің ғұламасы Махмұт Қашқари: «Көк – түрклерді сөзіне берік, ең ақылды, жаңалық атаулыны жасаушы, тәртіпсізді түзейтін ұлт ретінде жаратқан», – деп мақтанышпен айтқан екен. Сол көне түркінің бір тармағы біз боламыз. Қазіргі генетика ғылымының заңын ескерсек, сол қасиеттер бізде ұрпақтың бойында бар деген сөз. Соның көзін ашатын мезгіл жеткен сияқты. Бауыржан Момышұлына: «Бауке, келер ұрпағыңызға қандай өсиет айтасыз?» – дегенде: «Аталарымыз өте көп ұлы істер жасаған, ұрпағым соның жүзден бірін жасаса керемет болар еді, болмаса мыңнан бірін жасаса, сол да жеткілікті», – деген екен. Осы өсиетті іске асыру үшін жалпай ел болып, жұмылуымыз кажет. Бұл жолда спортшылар бірақ нәтижелерге жетті. Жақында теледидардан жас боксшы «жеңісімді еліме арнаймын» деп жатыр. Мұндай сөзді біз естімегелі қашан. Қазіргі таңда үлкен нәтижеге жетудің сара жолы – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Білімді әрі білікті мамандары көп ел, ең бай ел болып саналатын заманда өмір сүріп жатырмыз. Бұл мәселені Елбасы жиі көтеріп жүр. Қазақстандық әрбір азамат өзінің ұрпағының білім алуына көп күш салып жатыр. Енді оқудың сапасын көтеру мәселесі күн тәртібінде тұр. Одан кейінгі мәселе ұлттық батырлар, билер, ел басқарушылар жайлы заман талабына сай кино түсіру. Абылай хан жайлы кино түсірілді, бірақ газеттерден оқығанымыз сынау-мінеу, өз басым одан басқа көзқарас оқымадым. Кинony біз де көрдік. Бір жігіт екіншісіне: «Мен қазақ болып туылғанымға мақтанып тұрмын», – деді. Бұдан артық баға керек емес деп ойлаймын.

Қорыта айтсам, әдет-ғұрыптан бай мағлұматы бар, ұстанымы ар тазалағы болатын, білімді ұрпақ тәрбиелей білсек және өзімізді де арұят мәселесін қалыпқа түсірсек, мемлекеттілдік сананы қалыптастыру бір жүйеге түседі деп есептеймін.

ӘР-ҰЯТ ҚАЛПЫНА КЕЛСЕ

Болат РЫСБАЙҰЛЫ, Қазақ-Британ университетінің профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы:


Болат РЫСБАЙҰЛЫ

– Бұл мәселені талдау үшін қазақ мемлекетінің тарихын білу қажет шығар. Олай дейтінім бізде егемендік алғанға дейін мемлекеттілік сана, оған тәрбиелеу кенес империясының мақсатына, мүддесіне сай құрылды. Ол жерде басқа ұлттардың санасы, әдет-ғұрпы сол талапқа сай бұрмаланды немесе бейімделді. Үстем ұлттың мүддесін көздеген саяси науқандар, идеологиялық жұмыстар үздіксіз жүргізілді. Егеменлік алдық. Мәскеуге қарап тіршілік етуден қалдық. Енді әрбір проблеманы өзіміз шешуіміз керек болды. Бұрынғы жүйе қирады, саналы өмір сүру процесін түбірлі өзгерту қажет болды. Бізге ең ауыр тиген осы кезең-ді. Қазір көп жағдай қалыптасты, орныкты. Енді Елбасы айтқандай өрлеу дәуірі басталды. Бұл көп еңбекті керек ететін, әрі қателеспей жұмыс жасайтын кезең деп санаймын. Осы жағдайда шешілетін проблеманың біреуі мемлекеттілік сананы қалыптастыру. Егемендік алғаннан кейін әрбір қазақ отбасы осы мәселемен арнайы немесе шарасыз түрде болса да айналысқанына мен кәміл сенемін. Әр отбасында белгілі бір тәрбиелік түсінік пайда болды. Соны жүйеге келтіріп, бір бағытқа түсіру біздің қоғамның басты міндетінің біреуі болып табылады. Оны жеке бір адам жасай алмайды.

Жерімізді баса-көктеп кірген басқыншылардың ең бірінші жұмысы мемлекеттілдік сананы жою болды. Оны жүргізбесе жер байлығын еркін алып кете алмас еді. Осы бағытта басқыншылар тынбай жұмыс жасады, ол еңбегі нәтижесіз болмады. Қазақстанның ғасырлар бойы отырған бір руды сыртқы жау талап жаткында екінші ру азаматтары селт етпей отырған жағдайларды келтіреді. Бұл жерде бір кинрдан жау тисе, екінші қырдың қазағы атқа қону дегенді ұмытқан. Бұрынғы тұтастық ұғымы мүлде ұмыт болған. Ертең ол жау өз ошағын талқандайтынын күтеріне де алмайды, мемлекеттілдік сананың мүлде жоғалғанын, ол сананы күнімдік күйбең алмастырғанын көреміз.

Егеменлік алғаннан кейін ұмыт болған жақсылықтымды көтеріп, эспеттейік, үлгі тұтайық, үйренейік деген жұмыс басталды. Нәтижесінде, болыстық жүйе кезіндегі ұсақ әкімшілер көп табылды, ал қайды дүние кезінде Оджас Сүлейменов те атап өтті. Үлкен қарқынмен басталған мемлекеттілдік мәселесін жүргізу ісінде кібіртіктеу басталды. 270 жылға тарта үздіксіз жүргізілген отарлау саясатының нәтижесінде қазақ бойындағы мемлекеттілдік сана ең төменгі деңгейге түсіп кетпеуінсана ең төменгі деңгейге түсіп кетпеуінсана ең төменгі деңгейге түсіп кетпеуінді деректерді көптеп келтіруге болады. Соның бір мысалы ретінде Ресей империясының Қазақстанды отарлау саясатының ең бастысы – қазақтың ұлттық санасын жою болғанын ашық айтқан. Ресей империясының Қазақстанды отарлаудағы ең басты мақсаты

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Мемлекеттік қызметшілердің мерзімдік-әлеуметтік бейнесіне және іскерлік сипаттарына талапты арттыру мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., №19, 225-құжат; 2007 ж., № 43, 499-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Алдағы Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2011 жылғы 1 сәуір. №1180

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 1180 Жарлығына ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары)

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызмет өткеру қоғам мен мемлекет тарапынан әрқашан оның білігіне лайықты және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Қоғам мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өткарып жасайды, өзінен Отанды – Қазақстан Республикасына адал да халқысқы қызмет етеді деп сенім білдіреді.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің осы Ар-намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары) (бұдан әрі - Кодекс) «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілері мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

3. Мемлекеттік органдардың басшылары, орталық аппарттың органдарда – орталық аппараттың органдарының жауапты хатшылары немесе белгіленген тәртіппен орталық аппараттың органдарының жауапты хатшыларының өкілеттіктерін жүктелген лауазымды тұлғалар, ал орталық аппараттың органдарының жауапты хатшылары немесе көрсетілген лауазымды тұлғалар болмаған жағдайда – орталық аппараттың органдарын басшылаушы осы Кодекс талаптарының орындалуын, осы органдардың басшылары осы Кодекс талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Кодекстің мәтінін мемлекеттік органдардың ғимараттарының кейін бір көрнекі жерлерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

4. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке тұрғаннан кейін бір ай ішінде осы Кодекспен жазбаша түрде таныстырылуы тиіс.

2. Мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жалпы қағидалары

5. Мемлекеттік қызметші:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дайекті түрде жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетінен мемлекеттік ойы дайекті түрде жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетінен мемлекеттік биліктің беделін түсіруге биліктің беделін нығайтуға, мемлекет институттарының беделін түсіруге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

2) заңдылық қағидаттарын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;

3) қоғам мен мемлекеттің мүддесіне залалын тигізетін, мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуіне бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

5) сенің тапсырылған мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарап, оны тұымды әрі тиімді пайдалануға;

6) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғаудың қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сәбырдың сақтауға міндетті жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімде жазбаша жауап қолдануға;

7) мемлекеттік қызметке және мемлекет институттарына қоғамның сенімін сақтауға және нығайтуға;

8) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себеп болмауға, сынағанын үшін қуалауға жол бермеуге, он сын-ескертпелерді көмшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

9) адал, әділ, қарапайым да сыпайы болуға, жалпы қабылданған моральдық- этикалық нормаларды сақтауға;

10) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлерине құрметпен қарауға;

11) мемлекеттік және емдік тәртіпті бұзушыларға қатысты, берілген өкілеттіктерді тиімді неленуге, өзінің қызметтік тиімді пайдалануға;

12) жоғары кәсіби жұмыс үшін қажетті күш-жігерін салуға, қойылған міндеттерді шешуын ойтайлы әр уңемді әдістерін қолдануға;

13) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

14) кадрларды тумеқандық, жерлестік және өзге де негіздерде белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

15) бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындауға, анық орындай алмайтын өкімдер тікпеуге;

16) бағынысты қызметкерлерден олардың қызметтік міндеттерінің шеңберінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге;

17) бағынысты қызметкерлерді мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдауға, оның ішінде орындалуы бағынысты қызметкерлердің функционалдық міндеттеріне қатысылған мәселелер бойынша, қажетті деңгейіне не болуға;

18) кәсіби дайындығын, оның ішінде орындалуы бағынысты қызметкерлердің функционалдық міндеттеріне жатқызылған мәселелер бойынша, қажетті деңгейіне не болуға;

19) басқа мемлекеттік қызметшілердің таралынан қызметтік этика нормаларын бұзу фактілерін болдырмауға және жолын кесуге;

20) өзінің қызметтік міндеттерін өткарту кезеңінде ким киюдің ықсерлік стилін ұстануға тиіс.

6. Мемлекеттік қызметшілер іскерлік этикетті сақтауға, ресми мінез-құлық қағидаларын құрметтеуге тиіс.

7. Мемлекеттік қызметшілер қызметтік жағдайларын және оның байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделерінде, оның ішінде ешқандай оларға жағырлаын насихаттау үшін пайдаланбауға тиіс.

Басшы лауазымдар өткарытын мемлекеттік қызметшілер бағынысты қызметкерлерді қоғамдық және діни бірлестіктерден, басқа да коммерциялық емес ұйымдардан өткарытын қызметке қатысуға мәжбүрлей алмайды.

3. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы

8. Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көрінстеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай тудыратын әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық ның болатын сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесуі тиіс.

9. Егер мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы дәйекті ақпараты болса, ол мұндай құқық бұзушылықтың алдын алуға және жолын кесу жөнінде кажетті шараларды қолдануы тиіс.

Қажетті шараларға уәкілетті мемлекеттік органдарғы хабардар ету және жоғары тұрған басшыны, мемлекеттік орган басшысының хабардар ету жатады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпарат алғанған кейін мемлекеттік органның басшысы олар бойынша, оның ішінде, егер оның іс-әрекеттерінде мемлекеттік қызметшінің қызметін одан әрі жалғастыруға теріс ықпал ететін заңнама бұзушылықтар болмаса, мемлекеттік қызметшіні заңсыз қудалаудың, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде тиісті шараларды қабылдайды.

10. Мемлекеттік қызметшілер өз іс-әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын жағдайлар және өзге де келеңсіздер жасауы бермеуі тиіс. Мұндай фактілер анықталған жағдайда мемлекеттік қызметшілер оларды жою жөнінде шараларды қабылдауға тиіс.

11. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік экономикалық қызметтің алдын алу жөнінде барлық мүмкіндіктерді пайдалануы, жеке мүдделерінің және үшінші тұлғалардың мүдделеріне орай тексерулерге бастамашылық жол бермеуі тиіс.

12 Мемлекеттік қызметшілер жеке мүліктік және мүліктік емес пайдалар алу үшін оларға дауласымдық өкілеттіктерін және оларға байланысты мүмкіндіктерді қолданбауға тиіс.

13. Мемлекеттік қызметшілер мүдделер қақтығысын болдырбау үшін шаралар қолдануы тиіс.

14. Мүдделер қақтығысы туындаған ретте, яғни мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделілігі және оның қызметтік өкілеттіктерін тиісінше атқарушын немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің арасында осы заңды мүдделерге зиян тигізетіндей қайшылық тумдайтын жағдайда, мемлекеттік қызметші оның жолын кесу және бетін жеңінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында көзделген шараларды қабылдауға міндетті.

4. Көпшілік алдында сөйлеу

15. Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілетті берілген лауазымды тұлғалары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты әдепті түрде жүргізуі тиіс.

16. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөнінде:

1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына қайшы болса;

2) жариялауға рұқсат етілмеген құжаттарды, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әлеуметтік сай емес сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдіруіне болмайды.

17. Мемлекеттік саясатты жүргізумен, мемлекеттік органның және мемлекеттік қызметшілердің қызметтерімен байланысты емес мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органның атынан жарнамалдарына жол беріледі. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдар жариялауы мемлекеттік қызметші және тұлға ретінде тек өз атынан және жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық жасаған, оның ішінде кәсіпкерлік қызметінде айналысқан, бірегелердің мүдделерін қолдаған, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің табысымен сәйкеспейтін зиянсыз табыс пен мүлік алған деп негізсіз көпшілік алдында айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптауды анықтаған күннен бастап бір ай мерзім ішінде-оны теріске шығару, оның ішінде сот арқылы теріске шығару жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

5. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы

19. Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған этикалық нормаларды ұстануары, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуі тиіс.

20. Мемлекеттік қызметшілер қарапайымдылық танытуға, көлік, сервистік және өзге де қызметтерді алу кезінде мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себеп тұғызбауға тиіс.

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Шолпан ЖҰМАДІЛОВА,
бөлім меңгерушісі



МЕМЛЕКЕТШІЛДІК НЕМЕН АЙҚЫНДАЛАДЫ?

Қазақтың XX ғасыр басындағы зиялылары да ұлттық идеология қалыптастыруға ұмтылды. Олар қазақ халқының санасын оятып, оқу, білімді насихаттап, елдің тәуелсіздігі, азаттығы үшін күресті. Алаш тәуелсіз мемлекетін құрып, оны жариялау үшін барын салды. Алайда, ұлт зиялыларының әрекетіне большевиктік билік кедергі болды. Дегенмен, алаш көзқарасы идеясы тәуелсіз даму кезеңінде ХІХ ғасырдың ортасында келген Радлов: «Бұл бір үлкен мемлекеттің орны екен. Батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі қаншағырасы, онтүстігі мен солтүстігі қаншама қашық болса да, тілі, әдет-ғұрыптары бірдей екен. Өкініштісі, қандай мемлекет болғанын ешкім айта алмады», – деп жазады. Ал XX ғасырдың басында жағдай мүлде төмен түсіп кетті. Оны Х. Досмұхамбетовтың еңбектерінен табуға болады. Көрші

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУДА

Сейілбек МҰСАТАЕВ, Абай атындағы ҚазҰПУ теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдарының докторы:



Сейілбек МҰСАТАЕВ

– Қазақстанның егемендігін нығайту мен жан-жақты дамуының өзегінде жатқан басты рухани құндылық –□мемлекетшілдік сана. Осы жерде мәселеге тереңдеп бойламай тұрып, бұл ұғымның мәнін ашып алған жөн сияқты. Сана – өте күрделі көп қырлы құбылыс, сондықтан да ол түрлі ғылым тарапынан зерттеледі. Бұлардың әркайсысы оған өздерінің мақсат-мүдделеріне сай анықтама беруге тырысады. Осыдан келіп сана ұғымы туралы пікірталас туындайды. Философиялық тұрғыда жалпыланған пікір бойынша, сананы болмыс анықтайды, яғни адам миының объективті шындықты сезімді немесе логикалық образдарда мақсатты түрде жан-жақты және баға беру түрінде бейнелеуі. Ал саяси сана – өмірдегі саяси қатынастарды бейнелейтін, оларды түсініп-сезінетін, адамдардың бұл саладағы іс-әрекеттеріне бағыт-бағдар беретін әлеуметтік сезімдердің, түсініктер мен көзқарастардың жиынтығы.

Мемлекетшілдік сана болса елдің тарихына, ұлттық-саяси салт-дәстүріне, географиялық орналасуына байланысты қалыптасып, тәуелсіздіктің, тұрақтылық пен дамудың маңызын, егеменді ел ретінде әлемдік даму үрдістеріндегі алатын орны мен рөлін түсіруге келіп саяды. Сол үшін мемлекетшілдік сананы еліміздің тәуелсіздігін ұлуымен бірге соңғы 20 жылда қалыптасқан ұғым деп шолақ қайыруға әте болмайды. Бұл қасиетті сана түрі қазақ халқының ежелгі тарихынан бастау алады. Осыған байланысты Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың 1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайында: "Қазақ халқының тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды. Хандықтың құрылуы бір басқа, бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі заманнан-ақ тұлғаларының тұғырымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық", – деп тұжырымдауы тарихи ақиқатты бейнелейді.

Ягни қазақ халқының мемлекетшілдік санасы ежелден-ақ қалыптасқан деп батыл айта аламыз. Тіптен ағры тарихты қозғамағанда, XV-XVIII ғасырлар арасында 300 жылдай Қазақ хандығы жеке мемлекет ретінде өмір сүрді. Өкінішке орай, Ресей бодандығына ену қазақ этносын көптеген сапалық белгілерінен айырды. Соның бірі мемлекетшілдік ойлауға қабілеттілік болатын. Қазақ халқының сақталуы, тарих бетінде қалуы күмәнді болған жағдайда оның әлемдік күрестерге қатысуы мәселесін қою тіптен мүмкін емес болатын. Сондықтан қазақ ұлтының мемлекетшілдік санасы 1991 жылдан бастап тәуелсіздікпен бірге қайта жаңғыруда. Осы жерде әділдік үшін айта кету қажет, мемлекетшілдік сананы қалыптастырушы елдің саяси және интеллектуалды элитасы. Әсіресе, қоғамдық ғылым салаларының мемлекетшілдік сананы дамытуға ықпалы зор. Сондықтан қоғамдық ғылымдарға мән беру қажет.

Қазақтың мемлекетшілдік санасын айқындаушы құндылықтар – елдік, яғни егемендік, теңдік, тәуелсіздік, ұлттық салт-дәстүр, рух, тіл, дін. Қазақ жерінің кең болуы атабабаларымыздың еркіндікті аңсап, емін-еркін өмір сүруі мен Отанды қорғауының арқасында. Мемлекетшілдік сананымыздың басты ерекшелігі осында. Сыртқы жауларға қарсы қазақ тарихында қаншама соғыс, алапат зұлматтар өтті. Бостандыққа ұмтылып, құлдыққа көнбеу үшін Сырым, Кенесары мен Наурызбай батырлар, Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістер болды. Қазақта «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген жазылмаған заңдылық бар. Бұл – дала демократиясының жетістігі. Бүгін ел тарихтың белгілі тұстарында саяси-әлеуметтік тұрғыда тәуелді болса да, рухани тәуелсіз болған. Қазақ зиялылары XX ғасырдағы репрессия жылдары тұрмеге жабылып, атылып жатса да, ұлт мүддесі үшін айтарын айтып, жазарын жазып, рух тұрақтылығын, асыл адам айнымастығын көрсете білді.

Бүтінде көпұлтты мемлекет болып отырған тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін мемлекетшілдік сананы айқындаушы құндылықтардың бірі – жалпыұлттық идея қалыптастыру болып отыр. Көпұлтты мемлекет үшін құрамындағы түрлі ұлттардың, ұлыстар мен ұлттық-этникалық топтардың өкілдерін елдің тең құқықты азаматтары ретінде патриотизм мен "бірліктегі көптүрлілік" принципіне негізделген жалпыұлттық идеяға бірігтіру маңызды. ҚР Конституциясы бойынша елімізде идеологиялық көптүрлілік бекітілген, яғни, плюреолизм, пікір әр алуандығы танылады. Қазақстандықтар бір ғана үстем идеологиядан бас тартып, көзқарастардың салыстырылуын, идеялардың көп түрлілігін, пікірталасты, кең диалогты қолдап отыр. Ең бастысы – бұл ұлттық сана-сезім ең ойлау үлгісінің жалпыадамзаттық-интернационалдық құндылықтармен суарылып, дамып баюына мүмкіндік береді. Бірақ Қазақстанның нақты бір бекітілген ресми идеологиясының болмауы оның даму бағыты мен халқын топтастыратын жалпыұлттық идеясы жоқ деген сөз емес.

Қазақстандық мемлекетшілдік сананың өткарытын басты қызметі мен мақсаты – ел құрамындағы түрлі ұлттардың, ұлыстардың, ұлттық және этноәлеуметтік топтар мен мемлекеттің байырғы ұлты – қазақтардың өзіндік ерекшеліктерін, ұлттық болмысын, тыныс-тіршілігін сақтап әрі дамыта отырып және бұл тұрғыда біріне түсініктікпен қарап, өздерін тең құқықты азаматтар ретінде сезінеп отырып, Отанымыз Қазақстан Республикасын дамытуға жұмылдыру.

Қазақстандық мемлекетшілдік сананы қалыптастыру өзекті міндет, ол көпұлтты мемлекеттің өркендеп дамуындағы басты шарттардың бірі, өйткені қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани салаларымен үзілмес бірлікте. Сәйкесінше осындай күрделі мәселені шеше отырып, көпұлтты мемлекет халқын ортақ мақсатқа біріктіретін мемлекет саясатының рөлі ерекше екені даусыз. Әлемдік тәжірибете көз салсақ, бұл мәселеге әрбір көпэтносты мемлекет ерекше назар аударуда.

Көп этносты республиканың ішкі бірлігі мен саяси тұрақтылығын нығайтып, өркениетті, дамыған нарықтық экономикалы, азаматтық-құқықты қоғам құруды қарастыратын мемлекетшілдік санасын дамыту – демократияға бет алған Қазақстан сияқты жас мемлекетте ең маңызды міндеттердің бірі. Себебі Қазақстан Республикасының көпұлттылығы оның күш-қайратының негізі деп айтылғанымен, көпэтносты құрам оның ең нәзік жері де екені ақиқат.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы мемлекетшілдік сананы қалыптастыру мен дамыту мақсатын қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық, ұлттық, мәдени-рухани, діни, геосаяси, экология демографиялық сияқты бар саласымен тығыз ықпалдасатын іргелі мемлекеттік саясат жүргізуде. Осының арқасында елімізде саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім орнап, «Қазақстан-2030» стратегиясын көздеп, үдемелі дамуға мүмкіндік туып отыр.

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ҚАЖЕТ

Оразгүл МҰХАТОВА, тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры:



Оразгүл МҰХАТОВА

– Мемлекеттік сананы қалыптастыру – аса күрделі де ұзақ уақытты талап ететін үдеріс, өйткені ол қоғамдағы саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелермен тығыз байланысты. Мемлекет негұрлым экономикалық жағынан дамыған, саяси өмірі тұрақты, әрі демократиялық ұстанымдарға негізделген, тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыс жағдайы жоғары болса, соғұрлым қоғамдағылардың санасының деңгейі де жоғары болатыны белгілі. Бұны қазіргі уақыттағы әлемдегі түрлі елдердің өмірі мен саясатынан айқын көруге болады.

Мемлекеттік сананы қалыптастыруда идеологияның рөлі өте зор. Мемлекеттік немесе ұлттық идеологияны болмайынша мемлекеттік сананың да болуы мүмкін емес. Себебі мемлекеттік идеология сананы қалыптастыру бағытында үнемі әрекет етеді. Идеология берік өркениеттілік ұстанымдарға сүйенетін болса, оның әрекетінің нәтижесі де қомақты болары сөзсіз. Тарихтан мысал келтіретін болсақ, кешегі Кеңес Одағында мемлекеттік идеология үздіксіз, әрбір мақсатта жүргізілді. Коммунистік партия өзінің саясатын идеологиямен тығыз астастыра отырып, қоғамның кез келген саласында көздеген мақсатына қол жеткізді. Соның нәтижесінде КСРО өз көзқарастарымен дүние жүзінде ерекшеленді.

Мемлекеттік идеология қалыптастыруға жүгінген жыл бойы бодандықта болу, кенестік модернизация мен тоталитаризм кедергі бола алмайды. Керісінше бұлардың барлығы ұлттың шыныгуына, қайшылықты кезеңдерден жоғалып кетпей сақталып қалуына ықпал етті. Қазақстандағы байырғы ұлттың бай тарихи мұрасы, тарихи білімі, мәдениеті, салт-дәстүрі мелекеттік, яғни ұлттық идеология қалыптастыруға негіз бола алады.

Ұлттық идеология өзін өзі таныған ұлт бар жерде ғана дүниеге келеді. Сондықтан да біз, қазақтар алдымен өзімізді өзіміз тануымыз қажет. Өзін өзі тану жаһанда мықты, тарих белесінде жеңіске жете алған ұлтқа ғана тән.

Біздің өзімізді тануымызға алғышарттар жасалған. Біріншіден, Кенес одағы ыдырағаннан кейін ата-бабаларымыз жүздеген жыл бойы арман-даған, сол үшін күресін келген тәуелдсіздікке қол жеткіздік. Екіншіден, тарихымыз бен мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді жаңғырту, қайта түлету бағытында іс-шаралар атқарудамыз. Мәдениетімізді әлемге таныту мақсатында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын қабылдандық. Үшіншіден, 2030 жылға дейінгі мемлекеттің даму стратегиясы анықталды. Елдің даму басымдылықтары Елбасының жыл сайынғы Жолдауларында арқылы нақтыланбай отыр. Төртіншіден, республикада саяси тұрақтылық орнатылған. Мұның өзі мемлекеттің алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бесіншіден, мемлекеттік идеологияны насихаттауға үлес қосатын бұқаралық ақпарат құралдары өз қызметтерін заманауи талаптарға сәйкес икемдеген.

Ендігі жерде тек нақты мемлекеттік идеологияны қалыптастырып, оны үнемі өрістетіп отыру міндеті тұындайды. Идеологияны қалыптастыруға мемлекеттік билік және оның тармақтары, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қоғалыстар, қоғамдық ғылымдар саласындағы зияткер қауым, ғалымдар атсалысулары тиіс. Сонда біржақты билік басындағылардың ғана емес тұтастай қоғамның бірмақсатты идеологиясы дүниеге келеді. Сонымен қатар, өткен тарихымыздағы осы мәселеге қатысты ұтымды тәжірибе мен орны толмас кемшіліктерді болашақта болдырмауды жолдарын қоса қарастырғанымыз жөн.

АР-ҰЯТ ҚАЛПЫНА КЕЛСЕ

Болат РЫСБАЙҰЛЫ, Қазақ-Британ университетінің профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы:



Болат РЫСБАЙҰЛЫ

– Бұл мәселені талдау үшін қазақ мемлекетінің тарихын білу қажет шығар. Олай дейтінім бізде егемендік алғанға дейін мемлекетшілік сана, оған тәрбиелеу кеңес империясының мақсатына, мүддесіне сай құрылды. Ол жерде басқа ұлттардың санасы, әдет-ғұрпы сол талапқа сай бұрмаланды немесе бейімделді. Үстем ұлттың мүддесін көздеген саяси наұқандар, идеологиялық жұмыстар үздіксіз жүргізілді. Егемендік алдық. Мәскеуге қарап тіршілік етуден қалдық. Енді әрбір проблеманы өзіміз шешуіміз керек болды. Бұрынғы жүйе қирады, саналы өмір сүру процесін түбірлі өзгерту қажет болды. Бізге ең ауыр тиген осы кезең-ді. Қазір көп жағдай қалыптасты, орныкты. Енді Елбасы айтқандай өрлеу дәуірі басталды. Бұл көп еңбекті керек ететін, әрі қателеспей жұмыс жасайтын кезең деп санаймын. Осы жағдайда шешілетін проблеманың біреуі мемлекетшілік сананы қалыптастыру. Егемендік алғаннан кейін әрбір қазақ отбасы осы мәселемен арнайы немесе шарасыз түрде болса да айналысқанына мен кәміл сенемін. Әр отбасында белгілі бір тәрбиелік түсінік пайда болды. Соны жүйеге келтіріп, бір бағытқа түсіру біздің қоғамның басты міндетінің біреуі болып табылады. Оны жеке бір адам жасай алмайды.

Жеріміздің баса-көктеп кірген басқыншылардың ең бірінші жұмысы мемлекетшілдік сананы жою болды. Оны жүргізбесе жер байлығын еркін алып кете алмас еді. Осы бағытта басқыншылар тынбай жұмыс жасады, ол еңбегі нәтижесіз болмады. Қазақстанға XIX ғасырдың ортасында келген Радлов: «Бұл бір үлкен мемлекеттің орны екен. Батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі қаншама қашық болса да, тілі, әдет-ғұрыптары бірдей екен. Өкініштісі, қандай мемлекет болғанын ешкім айта алмады», – деп жазады. Ал XX ғасырдың басында жағдай мүлде төмен түсіп кетті. Оны Х. Досмұхамбетовтың еңбектерінен табуға болады. Көрші отырған бір руды сыртқы жау талап жатқанда екінші ру азаматтары селт етпей отырған жағдайды келтіреді. Бұл жерде бір қиырдан жау тисе, екінші қиырдың қазағы атқа қону дегенді ұмыткан. Бұрынғы тұтастық ұғымы мүлде ұмыт болған. Ертең ол жау өз ошағын талқандайтынын каперіне де алмайды, мемлекетшілдік сананың мүлде жоғалғанын, ол сананы күнімдік күйбең алмастырғанын көреміз.

Егемендік алғаннан кейін ұмыт болған жақсыларымызды көтерейік, эспеттейік, үлгі тұтайық, үйренейік деген жұмыс басталды. Нәтижесінде, болыстық жүйе кезіндегі ұсақ әңгімелер көп табылды, ал құнды дүние табу сирек кездесті. Бұл жайды кезінде Олжас Сүлейменов те атап өтті. Үлкен каркынмен басталған мемлекетшілдік мәселесін жүргізу ісінде кібіртіктеу басталды. 270 жылға тарта үздіксіз жүргізілген отарлау саясатының нәтижесінде қазақ бойындағы мемлекетшілдік сана ең төменгі деңгейге түсіп кеткендігі дәлелденді. Соңғы 20 жыл ішінде осы сана біртіндеп қалпына келе жатыр. Бұл үшақа созылатын жұмыска айналды. Кейде сыртқа келгендер өз хандарымызды немесе батырларымызды жамандай кетсе жамыраған қозыдай қосыла кету әдеті әлі де көрініс беріп жатады. Ол бұрын жан сақтау үшін керек болған шығар, енді ол мәдениетсіздікті, өз еліңді сыйламайтындығыңды көрсетеді.

Бұл жұмыс зиялылардың ерен еңбегін қажет ететін проблема болып тұр деп санаймын. Мемлекетшілдік сананы қалыптастыру, оны тұрақты түрде дамытып отыру қажетті, әрі күн тәртібінен түспейтін тақырып. «Мемлекетшіл болыңдар» деп айтып жатады, айтамыз. Бірақ ол неден тұрады, оған жету үшін не керек? Ол үшін мемлекет не істеуі керек? Оған сәйкес әр азамат не істеуі керек? Ол жағы айқын емес, бұлыңғыр деп басып айта алмаймыз. Менің ойымша, бұрынғы аталарымыз айтқандай, «Малым жанымның, ал жаным ағарымның садағасы» деген ұстанымды жандандыру қажет. Яғни жоғары орында ар мәселесі тұруы қажет, қалғандары одан төмен орналасуы керек. Сол ұстаным жаңданса қазіргі болып жатқан келеңсіз оқиғалар күрт азаятын еді. Екінші мыңжылдықтың басында түркі әлемінің ғұламасы Махмұт Қашқари: «Көк – түркілерді көзіне берік, ең ақылды, жаңалық атаулыны жасаушы, тәртіпсізді түзейтін ұлт ретінде жаратқан», – деп мақтанышпен айтқан екен. Сол көне түркінің бір тармағы біз болдық. Қазіргі генетика ғылымының заңын ескерсек, сол қасиеттер бізден ұрпақтың бойында бар деген сөз. Соның көзін ашатын мезгіл жеткен сияқты. Бауыржан Момышұлына: «Бауке, келер ұрпағыңызға қандай өсиет айтасыз?» – дегенде: «Аталарымыз өте көп ұлы істер жасаған, ұрпағым соның жүзден бірін жасаса керемет болар еді, болмаса мыңнан бірін жасаса, сол да жеткіліктті», – деген екен. Осы өсиетті іске асыру үшін жапай ел болып, жұмылуымыз қажет. Бұл жолда спортшылар біраз нәтижелерге жетті. Жақында теледидардан жас боксшы «жеңісімді еліме арнаймын» деп жатыр. Мұндай сөзді біз естімегелі қашан. Қазіргі таңда үлкен нәтижеге жетудің сара жолы – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Білімді әрі білікті мамандары көп ел, ең бай ел болып саналатын заманда өмір сүріп жатырмыз. Бұл мәселені Елбасы жиі көтеріп жүр. Қазақстандық әрбір азамат өзінің ұрпағының білім алуына көп күш салып жатыр. Енді оқудың сапасын көтеру мәселесі күн тәртібінде тұр. Одан кейінгі мәселе ұлттық батырлар, билер, ел басқарушылар жайлы заман талабына сай кино түсіру. Абылай хан жайлы кино түсірілді, барлық газеттерден оқығанымыз сынау-мінеу, өз басым одан басқа көзқарас оқымадым. Киноны біз де көрдік. Бір жігіт екіншісіне: «Мен қазақ болып туылғанына масаттанып тұрмын», – деді. Бұдан артық баға керек емес деп ойлаймын.

Қорыта айтсам, әдет-ғұрыптан бай мағлұматы бар, ұстанымы ар тазалағы болатын, білімді ұрпақ тәрбиелей білсек және өзіміз де ар-ұят мәселесін қалыпқа түсірсек, мемлекетшілдік сананы қалыптастыру бір жүйеге түседі деп есептейміз.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Облыстық әкімдіктің кіші жиын залында облыс әкімінің орынбасары Серік МҰҚАНОВТЫҢ қатысуымен «Тіл туралы» Заңның сақталуын бақылау мен облыстық ономостикалық комиссияның отырысы өтті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Шараның күн тәртібіне орай бес мәселе қаралды. Алдымен «Тіл туралы» Заңның сақталуын бақылау жөніндегі облыстық комиссия облыстық күрделі құрылыс басқармасы бастығының орынбасары Бейбіт Керденовтің мекемедегі іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу жөніндегі хабарламасын, елді мекендердегі көрнекі ақпараттарды жазып, орналастыруда тілдік нормалардың сақталу жайы туралы Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Сәбит Қорғанбаев пен Сарқан аудан әкімінің орынбасары Ғалымжан Маманбаевтың есебін, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің Алматы облысы бойынша басқармасы бастығының орынбасары Байсейіт Түймебаевтың хабарламасы тыңдалды.

Баяндамашылардың айтуынша, аталған ауандар мен басқармалар бірқатар игілікті жұмыстар атқарған. Алайда, тексеріс барысында облыстық күрделі құрылыс басқармасының шығыс құжаттарының мемлекеттік тілде жазылу көрсеткіші 66,6 пайызды, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің Алматы облысы бойынша басқармасында 73,8 пайызды

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

e-mail: Jetisu2002@mail.ru



●Тағзым

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

Тәуелсіздік жылдары аралығында 146,5 мың күнәсіз жазғырылған отандасымыздың аттары жазылған 14 «Аза кітабы» жарыққа шықты. Заңнамаға сәйкес, 340 мыңнан астам заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азамат ақталды.

СОЛАҚАЙ САЯСАТТЫҢ СОЙЫЛЫ

Елбасының 1997 жылғы Жарлығымен 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланғалы бері жыл сайын Жамбыл, оңтүстіктегі енесәлі ескерткішке қарақұрым халық жиналып, сталиндік репрессия құрбандарын еске алатын қаралы жиын өткізу ойланбас дәстүрге айналды. Бүл халқымыздың басына қара бүт үйіріп, қынадай қырған қасіпт империяның қонды қырғыны ел есінде, үрпақтар жадында мәңгілік сақталатынына күмәнсіз.

Жетісу
Үлбосын ИСАБЕК

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» – деген Голощекиннің «аша қазан» төңкерісі қамамен қазақты жаппай жер жастандырып, қыстып қырғынға ұшыратса, үлт мүддесін ойлаған көз ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларын темір торға тоғытып, азаптап, атып өлтірген сталиндік қанқұйлы саясаттың құрбандарын еске алу әскелең үрпақтың басты парызы екендігі тілге тиек болған басқосуды облыс әкімінің орынбасары Серік Мүқанов ашты. Ол өз сөзінде алдымызғы ғасырдың 20-30-жылдарында Кеңестік империяның қанқұйлы саясаты нәтижесінде халқымыздың миллиондаған қандастарымыздың қаршалас өлдерге жан сауғалап, жер ауып кеткендігін, 25 мыңнан астамының «халық жауы» атанып, жер жастанғандығын баян етті. Сондай ақ, қаралы митингте Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Сейдуманов, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар қауымдастығының төрағасы Жұмабек Ашуұлы, «Әділет» үйымы төрағасының бірінші орынбасары, тарих ғылымының кандидаты Бейбіт Қойшыбаев, Ораз Жандосовтың үрпағы Ажар Жандосова, басқа да жазықсыз атылып кеткен Алаш ардақтыларының үрпақтары сөз алып, зобаланжылдардың зорлық-зомбылықтары туралы ашына айтты. 3 мыңнан астам адамның дауысы өтілып, мәңгіге кез жұмған Жаңалықтағы ескерткіш басындағы қаралы жиында Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов ұлтымыздың даңа түлғасы Ораз Жандосовқа арналған «Ораз - тарих жүлдызы» атты ән шырқады.

Жиын соңында «Өлі риза болмай, тірі баймайды» деген бабалар өсиетін ұстанған үлт үрпағы зобаланжылдардың жаппай құрбаны болған жазықсыз жандардың, Алаштың арда азаматтарының рухына арнап қасиетті Құран бағыштады. Будан соң еңселі ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

ЖАҢАЛЫҚ АУЫЛЫ,
ТАЛҒАР АУДАНЫ

КӨКЕЙДЕ ҚАЛДЫ САН-САУАЛ

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қаладағы студенттер жаңа жылы қауым өкілдерінің қатысуымен Іліяс Жансүгіров ескерткішінің жанында митинг етті. Онда қала әкімінің орынбасары Ермек Алпысов, қоғамдық одақтағлер кеңесінің төрағасы Мұрат Шәкімұлы, академик Түрсын Сыдық қазақ баласының басына түскен кәсіретпер жайлы естелік айтты. Көпшілік қасіреттің түп ықпын қойып, оқуықтарға тоғаны етті. Оның соңы І. Жансүгіровтің әдебі музейінде жалғасты. Акынның түтін жерінен кепкен жоғастіктер музейді оралап, оқын өлеңінің сырына қанықты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Сіркіреп жауған жаңбыр шараның мазмұнды өтуіне кедергі бола алмады. Осылай-ақ, ұйымдастырушылардың ұмтылысын байқадық. Бірақ, көкейде көп сұрақ қалды.

Әлбетте, қазақ халқының өткен тарихына ой жүгіртер болсақ, қиын-қыстау күнді басынан көп өткізгені мәлім. Арыға барып, Аттила мен Күлтегінді, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны» айтпағанның өзінде, ел өзегін өртеген, ұлтымызды тентіретіп, телім-телім еткен 1931-1933 жылдардағы ашаршылық нәубеті қазақ халқының ұлттық трагедиясы емес пе. Бұл ашат қазақ даласына 1925 жылы республикалық партия ұйымын Ф. Голощекин басқаруға келуінен басталды. Оның соңы 1938 жылы кызыл қырғынға ұласты. Қысқасы, коммунизмнің көл-көсір тіршілікке жетектегін қызыл үкімет қазақ баласын қан-жоса етіп, өз үстемдігін бекемдеді.

Міне, осы асыра сілтеу кезінде, қазақтың қолындағы мал-мүлкі сыпырып алынды. Мұнан да сорақысы басы артық малы барлар «байлар» деп сабалып, сұраксыз атылып жатты. Үкімет қаулысы бойынша, елдің азық-түлігі мен малын жаппай тартып алу саясаты жүргізілді. Көшпенді халық аштықтан қырыла бастады. Ал шындамы тәуелсіздік алғалы бері өткізілмеген миллиондаған қазақтарымыз бас сауғалап шет ел асып кетті. Қашуға үлгермегендер өміршең темір тордың арғы жағында өткізуге мәжбүр болды. Сол қатарда Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Шоқай, М. Тынышпаев, Халел мен Жаһанша Досмұхамбетов, М. Дулат, Ж. Ақбаев, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Н. Нұрманов, О. Жандосов, тағы басқа да қазақ зиялыларымен бірге қарапайым еңбек адамдары, ұлтшылдықты бойына ұялатып, санасына сіңіре алмаған жастар, тіпті, құйдақтағы сәби де, анасының құрсағында бұлкынған шарана да азап шекті. Сталин өлген соң олардың біразы ақталды. Тәуелсіздіктен кейін асығымыз алшысынан түсіп, арыстарымыздың мұрасы түгенделіп, зерттелді, кайта тірілді Дей тұрғанмен, ескі архивтер ақтарылмай, көзден таса қалған қаншама шындық бүркеулі жатыр. Соның бірі

*Қарағандыдан басымнан көш келеді, –*деп көп жасын шапанының шалғайына сүртіп, намысын қанжығасына байлап, қан жұтып атамекеннен ауып кеткендердің жайы. Жасыратыны жоқ, олар басы аман шекара асты дегенмізбі болмаса жайма-шуақ күн кешпеді. Амалсыздан «қашқын» деген жаман атты еншілеуге мәжбүр болды. Шынжыр балақ, шұбар тостердің шырмауынан құтыла алмады. Жазықсыз жаза шегіп, атылып-шабытудан шет қалмады. Ұлттың рухын көтерген Әсет пен Таңжарықты улап, Дүбекті қинап, Көдекті кәсіретпен өлтірген де сол изубетшілердің шет ел топырағындағы қылмысы емес пе? Алдымен Қытай асып, одан Пәкістан, Үндістан, Еуропа, Америкаға дейін босып кеткен дүниеге тарыдай шашылған қазақтың екінші мен екінші өтелетін күн бар ма? Ал, кешегі Шәкәрім мен Мұстафа Шоқайдың, Әсет пен Дүбектің, Алаш мұраты үшін 48 жылын абақтыда өткізген Қажығұмардың, тағы басқалардың ұрпағына «оралман» деп ат қойдық. «Қытайлық, ирандық, өзбектік» деп әлі-шәлі аралас бөліп-жарудың әдетке айналғырлық. Қуғын-сүргін құрбандарын еске алудың кезеңкелі шыңдығы міне, осындай.

Әлбетте, кәсіретті күнді барынша ұлықтағанымыз анық. Бірақ, жүректімен емес, жүтіруымен жиналған жастар «Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» деген ұғымды қандай деңгейде жадына түйіп, санасына сіңіріп қайтқанын білмедік.

Жазылмас жара

Облыстық Бикен Римова атындағы драма театрының ұжымы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, оруақтарға құран бағыштады.

Театр директоры Базарбек Тезекбаев наубет жандары жазықсыз жазаланып атылған жазалау лагерьлерінде ауыр күндерді басынан өткізген репрессия құрбандары туралы өңгімеледі. Айтальік, Карлагтың Ақмолдағы Алжир деп аталған қазақ жеріндегі қанқұйлы лагерінде Голощекиннің қолдан жасаған ашаршылығына қарсы күресіп, қырылып бара жатқан қазақ халқын сақтап қалған үлжет билігіне қаймықпай кесімді дау айтқан қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың сүйікті жары Өзіза Рысқұлова, қазақ прозасының ұлы түлғасы Бейімбет Майлиннің зайыбы Түгиямал Майлинқызы, қоғам қайраткері Уәзкүл Құлымбетовалардың жары Айша Құлымбетовалардың «халық жауының» әйелі ретінде қамалып, азапталғаны туралы баспасөз беттерінен оқып білдік.

30 - жылдардың басынан 50 - жылдардың орта шенне дейін созылған Сталиндік репрессия қазақтың қалқын деп өнірген нар түлғалы үлдарының көзін ғана жойып қойған жоқ, бүкіл бір қазақ өркениетіне залалын тигізді. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні етіп белгіленген халқымыз үлт мүддесін қорғаған өз перзенттерінің рухына бас иіп, ескерткіштерине гүл шоқтарын қоюды дәстүрге айналдырды.

Үсен ӨМІРЗАҚОВ,
театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі.

ҚАРАЛЫ ЖЫЛДАН ҚАЛҒАН СЫЗ

ІЛЕ Айтары жоқ еліміз тәуелсіздік алғалы бері өткенімізді түгендеп, оны жаңғарту үстіндеміз. Бір айта кетерлігі саяси қуғын-сүргін дүмпуі мұның алдындағы жалпай ашаршылықтан кем бола қоймған жоқ.

Боралдай кентінің іргесіндегі Қандысайға орнатылған ескерткіш алдына қалың жұртшылық кептеп жиналды. Бірін-бірі бұрынғын білетін жандар өздерінің бабалары мен әкелері жөнінде есте қалғандарын айтып та жатты.

Митингіні аудан әкімінің орынбасары Е. Тұрымбетов кіріспе сөзбен ашты.

– Мына тұрған ескерткіш осыдан жиырма жыл бұрын бой көтерген болатын, – деді Ерболат Сапарұлы. – Яғни тәуелсіздіктің төл құрдасы деуге де болады. Сол тұста Боралдай және 1 Мамыр кенттік округтеріндегі «Ремстройтехника» сияқты ірі-ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері елеуіл қолғабыс жасады. Ондағы мақсат, кейінгі жас ұрпақ ел тарихындағы ақтаңдақтарды ұмытпауы тиіс. Әр қуғын-сүргін құрбандарын үнемі еске алып отырған жағдайда жастарымыздың бойында отансүйгіштік қасиет мықтап орын алатын болады.

Қаралы жиында Іле ауданның Құрметті азаматы, Ащыбұлақ ауылдық округіндегі ақсақалдар алқасының төрағасы Ж. Есенқұлов, күрт тілінде шығатын газеттің редакторы Р. Сүлейменов және басқалары сөз алып, сонау бір қаңғысы мен қасіреті кап аумалы-төкпелі заман жаныңдағы ойларын ортаға салды. Ал Өтеген батыр кентіндегі М. Мақатаев атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы Үміт Тұяқбай М. Жұмабаевтың «Тұтқын» атты өлеңін наядшына келтіре оқып берді. Жиналған жұртшылық қуғын-сүргін құрбандарын бір минут үнсіз тұрып еске түсірді. Сондай-ақ, олардың аруағына бағышталып құран оқылды.

І. ЖҮНІС.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ Аудандағы 6 елді мекен – Өрнек, Еңбек, Амангелді, Қорам, Лавар, Киікбай ауылы тұрғындары, аудандық басшылық өкілдері, ауыл әкімдері, жастар қатысты. Жазықсыз құрбан болғандарға қойылған ескерткіш белгілері мен құлыптастарға гүлшоқтары қойылып, аруақтарға құран бағышталды.

Білім мекемелері мен кітапханаларда көрмелер ұйымдастырылып, саяси қуғын-сүргін құрбандары үрпақтарымен кездесулер, үрпақтар сабақтастығын дәйектеген «дөңгелек үстелдер» өткізілді. Ату оқығалары, күнәсіз өлім жазасына ұшырағандар жайлы әңгіме қозғалып, мерт болғандар еске алынды.

Саймасай селолық округіне қарасты Амангелді ауылында жазықсыз атылған 750 адам жатқан жерге қойылған ескерткіш жанында өткізілген еске алу митингісіне облыстық мәслихат депутаты, аудандық «Еңбекшіқазақ» газетінің редакторы Хайролла Ахметжанов, округ әкімі Рубен Саядянц, ақсақалдар алқасының төрағасы Қабылхат Қыркынбаев, ауыл тұрғындары, Садыр атындағы мектеп ұжымы мен оқушылары қатысты. Жиналғандар алдында тарих пәні мұғалімі Күләш Тілепбергенқызы сонау зұлмат жылдардағы тарихи оқиғалар, сауатсыз саясаттың ақтаңдақтары жайлы баяндама жасап, жоғарыда аты аталған азаматтар, ауыл жігіттері Давут Бурханов, мектеп директорының орынбасары Құрванжан Таиров өңгіме барысында «Өткенді ұмытқанның – өшкенің» деген қағидатты еске салып, жастарды өткенін біліп, жерін сүюге, бірлік пен ынтымақты берік ұстауға шақырды.

Б. ЗӘКІРОВ

●Мал шаруашылығын қолдау

«СЫБАҒАДАН» құр қалмаңыз

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында халықтың тұрмысын одан әрі жақсарту үшін мал басын көбейту, оның ішінде асыл тұқымды малдың үлес салмағын арттыру арқылы өлкелердің ауылшаруашылық өнімдерді экспортқа шығару жөнінде тапсырма жүктеген болатын. Елбасы тапсырмасын іске асыруға деген үлкен ынтамен «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасын қабылдады. Оның айтылғандарға сай «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ биылдан бастап өлкеміз бойынша агрокешеннің нысандарына ет бағытталған жас малды өсіру үшін ірі қара (аналық мал) мен тұқымдық бұзауларды сатып алуға несие береді. Несиені беру «Сыбаға» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Бұл несие атынан да көрініп тұрғанындай, ауыл шаруашылығында қазір көңілеп тұрған ірі қараның етті бағыттағы тұқым табынан көбейтуге бағытталған.



Жетісу
Болат АБАҒАН

Солар арқылы борышкердің бардық жағдайын біледі, несиенің өз мақсатына жұмсалып, уақытында қайтарылуын бақылап, тексеріп отырады. «Сыбағаның» бұрынғы несиелерден басты артықшылығы – үстеме пайыз төмен, қайтару мерзімі ұзақ. Несие мерзімінен бұрын қайтарылса, айыпұл салынбайды.

Несие тек қана мал шаруашылығымен айналысатын, сонымен қатар өңдеумен де шұғылданатын ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіру жөніндегі ережеге сәйкес, ірі қара малдары бірдейлендірілуі (таңбалануы, сырғалануы т. б.) кажет. Малдәрігерлік қызметті бәсекелестік немесе келісімшарт негізінде жүргізетін лицензиясы бар мамандар атқарған, әр бас малмен жеке жұмыс жасауға арналған арнайы орындары болуы міндетті. Етті бағыттағы бірінші кластан төмен емес бұқашықтар немесе бұқалар асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтардан алынады және олардың асыл тұқымдық, малдәрігерлік куәліктері болуы керек. Сатылатын аналық малға бес, тұқымдық бұқаларға сегіз талап қойылады. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша мал сатып алатындарға жергілікті атқарушы орындар, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдері малды қайдан, кай шаруашылықтан, серіктестіктен алуға болатындығы жөнінен көмектесуі керек. Оз малдың жынысы, жасы, тектілігі, өнімділігі, яғни, барлық сапалық өлшемдері көрсетілген ақпараттар жиынтығы компьютерлік базада тұрғаны жөн.

Несиені алуға кажетті құжаттар ҚР Қаржы кадағалау агенттігінің 2007 жылғы 23 ақпандағы қаулысымен бекітілген. Бұрынғымен салыстырғанда төлем жөнінде кұжаттарды қарауға төрт күн, екі жакты толтырылған несие алуға қойылатын келісімшарттың халыққа қызмет көрсету орталығына тіркетуге 1-2 апта кетеді.

Қаржының мақсатты жұмсалуына мониторинг жүргізіледі. Қарызгер үш айдан кейін (несиені алғаннан кейін) несиенің өз мақсатына жұмсап жатқандығын нақты дәлелдейтін құжаттарын «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ аймақтық филиалына әкелп тапсырады. Осылайша есеп беріп отырады. Несиенің дұрыс жұмсалмай жатқандығы анықталса, аталған қор алынған несиенің көлеміне қарай 25 пайыз үстеме айыпұл салады, несие түгел кейін қайтарылады. Участкы төлеуден кошіктірсе, сотқа беріледі. Қазағалайтындар – қор филиалының қызметкерлері және жергілікті атқарушы орындар, ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі.

Малы жоқ, жандан құрылған шаруа қожалықтарына «Сыбағадан» ештеңе тимейді. Дегенмен басқа бағдарлама бойынша (бір миллион теңгеге дейін) 9,5 пайызбен үш жылға несие алуға болады. Токтетіп айтқанда, «Сыбаға» – ауылдағы мал өсірсем деген азаматқа жасалатын жолдама мүмкіндік. Тек соны уақытында әрі талапқа сай пайдалануға тырысқан жөн.

Алматы облысында бірінші тоқсанда «Сыбаға» бағдарламасы аясында 3 414 бас малды алуға өтінім түсіпті. Өңірде тәуарлық малды өсірумен айналысатын 28 шағын және орта фермерлік шаруашылық жаңа бесжылдық «Сыбаға» ауыл шаруашылығы бағдарламасына қатысуға шет билдірген.

Сыбаға бағдарламасы аясында

3414

бас малды алуға өтінім түсіпті.

Бір миллион теңгеден

7,5

млн. теңгеге дейін жеті жылға алты пайыздық үстемемен беріледі.

Қайырымдылық қойылым

1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай Алматы облыстық Бикен Римова атындағы драма театрында Бердібек Соқпақбаевтың «Тапқыр Қожанасыр» ертегісі тегін көрсетілді.

Спектакльді тамашалауға, есту, қабылдау қабілеттері нашар дамыған балалар интернатының, «Алпамыс», «Айналайын» балалар үйінің, сол секілді қаладағы №3, №5 балалар бақшасының тәрбиеленушілері мен мәдени мекемелер қызметкерлерінің балалары шақырылды. Театр кәсіподақ ұйымының төрағасы Б. Тоқымтаев пен директор орынбасары Г.Темірбаеваның балаларды мерекемен құттықтап, сый-сияпат таратып көңілдерін шат етті.

Ү. ӨМІРЗАҚ.

Мұндай шараны «Айналайын» балалар үйіндегі болдырғандар да кетерінді кеңіл-күймен қарсы алды. Олар шағын сахналық қойылым да әзірлепті. Онда болғандардың асыл армаңы мен болашаққа деген сенімі, батыл жігері бейнеленеген. Бәрі де бүгінгі тандағы қиындық пен қолдауға дан риза.

БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Ал Назарбаев зияткерлік мектебіндегі мерекелік шара «Қазақстан, біз сенің үрпағыңбыз. Жаңа әлемде өмір сүреміз» атты акциямен басталды. Ол 1-6 сынып оқушыларына арналған «Зерек» жазғы лагерінің ашылуына ұласты. Осыдан кейін мектептің спорт алаңында жиналған балалар арасында «Салем, жаз!» атты спорттық жарыс, «Мен бейбітшілікті саламын» тақырыбымен асфальтқа салынған сурет байқауы өтті. Бұлар шаңырағындағы балабақша тәрбиеленушілері «Қуан, сәби» және «Забивяки» ойындарын сынап, «Жүректен-жүрекке», «Жүрегім сен деп соғады», тағы басқа да дидактикалық ойын өрнегін көрсетті.

Қалалық әкімдік пен «Балдәурен» балалар шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен орталық алаңда өткен мерекелік шара «Жас жұлдыздар» байқауымен басталып, «Отаным – деп жырлаймын» атты отансүйгіштік рухтағы өлеңдер фестивалына ұласты. «Балаларға арналған жүрегімді» атты қайырымдылық акциясы аясында демеушілер тарапынан балаларға 1 миллион теңгеден астам көмек көрсетілді. Сондай-ақ, түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталса, кешкісін ойындар балаларды бал күнге батырды.


Қаламызының Халықаралық балаларды қорғау күні осындай ерекше өрнек, жаңа бастама жарқын көңілмен өзгешеленді. Бұл да болашақтың қамын бүгіннен ойлаған игілікті жұмыстардың бірі деп бағаладық.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ҒЫЛЫМ – ӨНДІРІСТЕ

Бақша дақылдарынан ерте өнім алу

Бақша дақылдарынан ерте өнім алу жолдарының шешімін тапқан жағдайда халықты қауын, қарбызбен қамтамасыз ету уақытын біршама ұзартуға қол жеткізер едік. Сондықтан, осы мақала арқылы қауын, қарбыз өсірумен айналысатын шаруа қожалықтары, фермерлер және жеке түлғаларды ерте өнім алу жолдарымен таныстырмақпыз.



Қарбыз бен қауынның қысқа мерзімде пісетін сұрыптарын пайдалана отырып, олардан ерте өнім алудың негізгі жолдары – полиэтиленді жамылғы қолдану және көшеттен отырғызу. Бақша дақылдары тұқымдарын арнайы жамылғы астына сеуіп, ерте өнім алу өндірушілер арасында кең тараған тәсіл. Бұл жағдайда өнімді 10-15 күн ерте алуға болады. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығысында полиэтиленді жамылғыны қолданып егу тәсілі сәуір айының I-II онкүндігінде іске асырылады. Кей жылдары көктемгі үсік кеш жүргенде (сәуірдің III, мамыр айының I онкүндігінде) жамылғы астындағы жас өсімдіктер үсіккке шалдығып, қосымша шығынға ұшыратуы мүмкін.

Ерте өнім алудың тағы бір тиімді жолы – көшет арқылы өсіру. Бұл жағдайда өнім 20-25 күн ерте піседі. Және ауа-райы қолайсыздығынан болатын шығын азаяды. Себебі, ашық жайға 30-35 күндік көшеттер мамыр айының II онкүндігінде отырғызылады. Енді осы көшеттерді өсіру, күту және отырғызу технологияларына толығырақ тоқталайық.

Көшет өсірудің екі жолы бар. Біріншісі – тұқымды арнайы құтыларға немесе арнайы дайындалған шым кесінділеріне тікелей себу. Екіншісі – тұқымды өндіріп алып, оның жарнағы ашылған кезде осы құтыларға немесе шым кесінділеріне қондыру. Қолайлылығы және үнемділігі жағынан екінші нұсқа тиімдірек. Себебі, құтыларға өнген тұқымдардың ең жақсы жетілгендері, зақымданбаған және ауруға шалдықпағандары қондырылады. Бұл тәсілмен өсірілген көшеттердің тамыр жүйесі тез жетіліп, ауруға төзімді болады.

Құтыларға немесе шым кесінділеріне тұқымды тікелей екken кезде ол жіңішке, әлсіз болып жетіледі. Кей жағдайда тұқым себілген құтылардың біразы бос қалады. Оның себебі, әртүрлі зиянкестерден, аурулардан зақымданған өскіндер шіріп, құрап кетеді. Мұндай жағдайлар жылжайдағы ауа температурасының күрт ауытқуларынан және ауа ылғалдылығының жоғарылығынан болып тұрады. Сондықтан бос құтыларға қайта себуге тура келеді. Бұл өз кезегінде қосымша шығынға және көшеттердің сапасының әртүрлілігіне әкелп соғады. Аталған нұсқада көшеттерді күтіп-баптау, ашық танапқа шығару кезінде олардың сынып, зақымдануы да алдан шығады.

Тұқымды өндіріп алып, отырғызу үшін арнайы дайындалған жерге тұқымды шашып, үстін 0,5 см. қалындықта топырақ қоспасымен жабады. Топырақ қоспасы 1:1 қатынасындағы қарашіріктен және топырақтан тұрады. Қоспаны қалың етіп жабуға болмайды. Өйткені, өскіндер ұзынша, әлсіз болып, құтыларға қондыру кезінде қолайсыздықтар туғызады. Жабылған тұқымдардың беткі қабаты кеуіп кетпеуі үшін, ұақытымен сұғарып тұру қажет. Тұқымнан өніп шыққан өскіндерді құтыларға немесе шым кесінділерне қондырудың ең қолайлы уақыты – тұқым жарнақтың толық жайылып, алғашқы нағыз жапырақтың пайда болуына дейінгі кезең.

Қондыру алдында құтыдағы топырақ қоспасын немесе шым кесінділерін жақсылап ылғалдандырады. Содан кейін жас өскіндерді құтыларға немесе шым кесінділерінде жасалған шұңқырларға тұқым жарнағына дейін терең етіп қондырады. Беткі қабатына аздаған топырақ қоспасы себіліп, суарылады. Әр құтыға немесе шым кесіндісіне бір дана өскіннен қондырылады. Жылжай немесе жабық жайдағы ауа температурасы 22-25 0С, салыстырмалы ауа ылғалдығы 80-85 % болуы тиіс.

Бақша дақылдарының көшеттерін ашық танапқа отырғызар алдында жақсылап суғарады. Отырғызудан 10-12 күн бұрын көшеттерді сыртқы ортаға бейімдеу кажет. Ол үшін көшеттер қондырылған құтыларды немесе шым кесінділерін жылжайдан немесе жабықжайдан алып шығып, ашық аспан астында 5-6 сағат ұстайды. Осылай шынықтырылған көшеттер ашық танапқа отырғызылғанда тез тамыр алып, жылдам бой көтереді.

Дайын көшеттерді ашық танапқа отырғызу мамыр айының II онкүндігінде, яғни, үсік жүру қаупі өткен кезде жүзеге асырылады. Көшеттерді күннің қызуы басылған, түс қайтқан кезде отырғызу кажет. Алдын ала кесілген арықтардың жиегіне терең етіп қазылған шұңқырларға көшеттер топырақ қоспасымен немесе шым кесінділермен бірге отырғызылады. Көшет отырғызылған шұңқырларды тұқым жарнағына дейін жалқаннан кейін, суарылады.

Бақша дақылдарының тез пісіп-жетілуін қамтамасыз ету үшін өсімдік сабақтарын үзу тәсілі қолданылады. Ол үшін қарбыз дақылында негізгі сабаққа бүйірлес өсетін екінші және үшінші реттегі сабақтар үзіледі, ал негізгі сабақты екінші түйнек байланған жерден 2-3 жапырақ қалдырып жоғарғы жағынан үзеді. Ал қауын дақылында негізгі сабағын тертінші, бүйірлес сабақтарды алтыншы жапырақтан кейін үзіп, өсімдікте 2-3 сабақ қалдырады. Өсімдікте түйнектер байланғаннан кейін түйнек салған сабақтарды түйнектен кейін 4-5 жапырақ қалдырып үзеді. Өсімдік сабақтарын үзу жұмыстарын шектеу, түптеу жұмыстарымен біріктіріп жүргізген тиімді болады. Қауын және қарбыз дақылдарын көшет арқылы өсіру олардың өнімін ерте алуға, жалпы өнімділікті және өнім сапасын жоғарылатуға мүмкіндік беретін экономикалық жағынан өте тиімді тәсіл.

Барлық бақша дақылдарының ішінде жылжайда, жабықжайда және көшет арқылы өсіруге ең қолайлысы қауын дақылы. Себебі, бұл дақылдың қоршаған ортаға бейімделуі өте жоғары және басқа бақша дақылдарына қарағанда жемістері ерте пісіп жетіледі.

Қазіргі уақытта Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми зерттеу институтында (ҚазККШҒЗИ) бақша дақылдарының отандық селекциясының бірқатар ерте мерзімде пісетін сорттары бар. Олар: қауынның «Таисия», «Атын», «Май», «Шекер» және «Прима» сұрыптары, қарбыздың – «Международненский», «Медок», «Стоксик», «Қарғалы», «Семей» сұрыптары.

Қауын, қарбыз көшеттерін полиэтиленді жамылғы астына отырғызу үшін жарық жақсы түсетін, жел қақпайтын және сумен қамтамасыз етілген танаптар таңдалынады. Көшеттерді жамылғы астына отырғызып өсіру өнімді 25-30 күн ерте алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар өнімділік артып, сапасы жоғарылайды.

Қауын, қарбыз дақылын жамылғы астында өсірудің ең кең тараған түрі – тонельді – қаңқалы түрі. Олардың негізгі қаңқасын диаметрі 0,6 см. темір сымдардан істелген доғалар құрайды. Осы доғаларды көшеттер отырғызылған арықтың үстінен ара қашықтығы 1-1,5 метр етіп орналастырады. Темірдің екі ұшы жерге 10-15 см. енгізіліп, биіктігі ортасында 60-70 см. ені (бір ұшынан екінші ұшына дейін) 1,0- 1,2 м. болады. Күн ашық, жылы кездері көшеттерге қатты ыстықтан зақым келмес үшін жабық жайдың ұзындығы 30-35 метрден аспауы керек. Тым ұзын жабықжайда орта тұсындағы көшеттердің күнге күйіп кетуі мүмкін.

Қаңқаны жабуға ені 160 см., қалындығы 80-100 мк. полиэтилен жамылғы қолданылады. Доға темірлерден құрылған жабықжай қаңқасының үстіне жамылғы жабылып, екі жағы топырақпен кемеледі. Жабықжайдың басы мен аяқ жағын, ашып-жабуға ыңғайлы болуы үшін шым кесектермен бастырған дұрыс. Өйткені күн ашық, жылы күндері және суарған кезде жабықжайдың екі жағын ашу, кешке күн салқындағанда жабу керек болады. Жамылғыны 25-30 күн ұстап, жылы ауа райы қалыптасқан кезде ашады.

Бақша дақылдары көшеттерін жамылғы астында өсірудің сапалы өнімді ерте әрі мол алуға мүмкіндік беріп, халықты бақша дақылдарымен қамтамасыз ету мерзімін ұзартады. Бақша дақылдарының ерте өнім өндірушілерге де тиімді. Өйткені, ерте алынған өнімнің бағасы да жоғары болады.

Ж. МАМЫРБЕКОВ,
Э. ТАЙШЫБАЕВА,
Қазақтың картоп және көкөніс шаруашылығы ҒЗИ ғылыми қызметкерлері.

КАЗАКСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ

КОНСТИТУЦИЯ



Еліміз өз тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына толайым табыстармен, өркенді өрлеумен келіп отыр. Осынау ауыз толтырып айтарлық жетістіктерімізде Конституцияның атқарып отырған міндеті аса мәртебелі әрі салмақты десек артық бола қоймас. Кез келген мемлекетте онда тұратын, адамдардың еркін, тең, азат, бақытты өмір сүруін қам-тамасыз ететін, іс-әрекетін, құқығын айқындайтын, мүддесін, меншіктерін қорғайтын заң қабылданады. Біздегі сол заңдардың көш басында Конституция тұр.

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛУДА

Қазақстан 1993 жылы 28 қаңтарда тұңғыш Конституциясын қабылдады. Бұл – республика тарихында болған ерекше оқиға еді. Аталған Ата Заң аясында демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру үшін әр салаға қатысты көптеген заң қабылданды. Өмірдің бір орнында тұрмайтыны сияқты реформа терендеген сайын кейбір қабылданған заңдарымызды қайта өзгертуге тура келді. Мұның барлығы Қазақстан халқының жақсы өмір сүруі үшін жасалған және алда да жалғасын таба беретін игілікті қадамдар. Олардың қатарына бүкілхалықтық референдум арқылы 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған бүгінгі Конституциямызды да қосуға болады. Елбасы Жолдауларында айтылғандай, Ата Заң елімізді жарқын жетістіктерге, толайым табыстарға бастады. Алынған асулар мен бағындырған биіктерге қол жеткізуде прокуратураның да өзіндік үлесі барын ешкім жоққа шығара алмайды. Еліміздегі қолданыстағы заңнамалардың республика аумағында біркелкі және талапқа сай қолданылуын қадағалайтын прокуратура органдары бірінші кезекте азаматтардың Ата Заңмен кепілдік берілген құқықтарының қорғалуын басты назарда ұстады. Өйткені біздің қоғамның ең басты байлығы – адам мен оның өмірі және денсаулығы. Сондықтан республика тұрғындарының еңбек ету, білім алу, денсаулық сақтау және тағы басқа құқықтарының сақталуына прокурорлық қадағалау ешқашан мәнін жоғалтқан емес.

Осы орайда, Еңбекшіқазақ аудандық прокуратурасы азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауда біршама шараны нәтижелі түрде жүзеге асырып отырғанын айта кеткім келеді. Мәселен, прокуратура биылғы жеті айда 9395 азаматтың құқығын қорғады. Оның ішінде кәсіпкерлер, қарапайым тұрғындар, жұмыскерлер мен кәмелетке толмағандар бар. Жалпы, қолданылған шаралар барысында айлар бойы төленбей келген 5 218 000 теңге еңбекақы өндірілді. Табиғи монополияларды реттеу заңнамасы саласында да заңдылық қалпына келтірілді. Алматы, Көктөбе, Бөлек ауылдарын ауыз сумен қамтамасыз ететін «Еса ЛТД» ЖШС-нің табиғи монополист ретінде тарифтік сметаны бірнеше бағыт бойынша орындамағандығы анықталды.

Осылайша ондағылар ҚР «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңының 7-бабының 7-2 тармағын бұзғандықтан аудан прокуратурасы табиғи монополияларды реттеу департаменті басшысының атына ұсыныс енгізді. Департамент басшысының бұйрығымен Алматы ауылы бойынша 2 жылға уақытша өтемдік тариф бекітіліп, бұрынғы 47,60 теңге болған тариф 47,14 теңгеге, Бөлек және Көктөбе ауылдары бойынша 1 жыл мерзімге уақытша өтемдік тариф бекітіліп, бұрын 48,15 теңге болған тариф 47,56 теңгеге түсірілді. Соның нәтижесінде үш ауылда тұратын 9273 тұтынушының құқығы қорғалды.

Айлап жалақы алмаған «Шелек тоған шаруашылығы» ЖШС еңбеккерлерінің құқығын қорғау кезінде прокуратура әкімшілік құқық бұзушылық туралы өндіріс қозғап, айыппұл салды. Аталған әкімшілік ықпал ету шарасының арқасында 4,8 миллион теңгенің жалақысы төленді. Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекцияның аудандық аумақтық инспекциясының лауазымды тұлғалары кәсіпкерлерді тексеру барысында түрлі заң бұзушылықтарға жол беріп келген. Прокурорлық тексеру қорытындысымен ондағы бірнеше лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Сонымен бірге, прокурорлық актілер қолдану арқылы кәмелетке толмағандардың да құқығы қорғалды. Солардың ішінде мына заңсыздыққа ерекше назар аударғанды жөн көріп отырмын. Шелек ауылындағы облыстық арнайы сәбилер үйінде жүргізілген тексеру кезінде 5 жасар мүгедек балаға тиесілі жәрдемақының берілмегендігі және оны сәбиді мемлекеттің қарауына өткізіп жіберген жауапсыз ананың заңсыз пайдаланып келгені белгілі болды. Прокуратура аталған дерекке қатысты Қылмыстық кодекстің 177-бабымен қылмыстық іс қозғап, сот үкімімен балаға келген 164 000 теңге зиян өндіріліп, баланың арнайы шотына аударылды.

Ш. ҚҰТЕЛОВ,
Еңбекшіқазақ ауданының прокуроры.

● *Құрылыс*

МОЙНАҚ – «НҰР ОТАН» НАЗАРЫНДА



Биыл – Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы. Дәл осы кезеңде қол жеткізген жетістіктеріміз аз емес. Қуанышымыз жетерлік. Соның бірі – Райымбек ауданында салынып жатқан ғасыр құрылысы атанған «Мойнақ» су электр стансысы.

Жетісу
Қанат БІРЖАНСАЛ

Бұл негізінде Кеңестер тұсында қолға алынған жоба болатын. Су электр стансысының құрылысын Мәскеудің өзі қаржыландырған еді. 1985 жылы басталған құрылыс Кеңес Одағы тарағаннан кейін тоқтап қалды. Жүзеге аспай қалған жоба үшін жанын ауыртқан адамдар аз болған жоқ. «Бірлік» акционерлік қоғамының төрағасы Стахан Белғожаев осы мәселе бойынша Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауында болды. Содан кейін Үкіметтің арнайы қаулысы шықты. Қазақстан «Даму банкі» арқылы қомақты қаржы бөлініп, «Мойнақ» су электр стансысының жұмысына жан бітті. 2005 жылдан бері қарай ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Бұл әлемдегі жер астын ұңғылау әдісімен салынған үшінші су электр стансысы. Мұндағы жұмыстарға келетін болсақ, Шарын өзені бас жағындағы биіктігі 90 метр, ұзындығы 500 метрлік бөгет жұмысы толығымен бітті. Бөгеттің үстінен арлы-берлі қарым-қатынас жасайтын жол салынып, асфальттанған. Дәл осы жерде 500 метрлік қосымша су жолы жасалған. Қыркүйек айының ортасында Шарын өзені бұғауланады. Дәл осы жерде ұзындығы 15 шақырым болатын жасанды көл пайда болады. Бұғауланған өзен суы 9 шақырым жер асты жолымен, 500 метр биіктіктен құлдилап, 300 мегаваттық турбиналарды қозғалтады. Су электр стансысы өндіретін электр қуаты негізінен Алматы облысындағы электр қуатына деген сұранысты қанағаттандырады.

«Мойнақ» су электр стансысы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың назарында тұр. «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының облыстық филиалы мұнда бақылау бекетін орнатқан. Облыстық филиал ғасыр құрылысындағы түйінді мәселелерді шешуге көмектесіп отыр.

Өткен жұмада облыстық филиалдың және аудандық филиалдың арнайы өкілдері ғасыр құрылысында болды. Олар «Мойнақ» су электр стансысында бөгетті және жер асты су жолының бас қақпасын көрді. Осы жерде «Мойнақ» су электр стансысының бас директоры Оразалы Қантаев облыстық, республикалық ақпарат құралдарының журналистеріне жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде мәлімет берді. Бұдан кейін делегация өкілдері «Мойнақ» су электр стансысының бас ғимаратындағы жүргізіліп жатқан жұмыстарды көрді.

Екі ай көлемінде мұндағы жұмыстар толығымен бітеді. Су жолының ішіне ішкі көлемі төрт жарым метрлік, салмағы 25 тонналық құбыр орнатылды. Оның сырты бетонмен қапталған. Жер асты су жолы біткеннен кейін жер асты шахталары жабылып, бір ғана шахта қалады. Қазір мұнда мыңнан астам адам еңбек етуде.

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ

ФРАНЦИЯ

ЕУРОПА ДАҒДАРЫСТАН ШЫҒА МА?

Кеше Франция Президенті Николя Саркози Парижде ұзақ мерзімді дағдарыс кезеңінде еуро аймағын құтқару жөніндегі күрделі қадамдарды келісу үшін Германия канцлері Ангела Меркелді қабылдады.

Олар еуро аймағындағы және Еуроодақ елдерінің биржаларындағы жағдайды нормалау жөнінде мүмкін шараларды талқылады. Сарапшылардың пікірінше, кез келген қабылданған шара баға белгілеу және биржалық алаңдардың іскерлік белсенділігі деңгейіне сөзсіз әсер етеді.

Бастапқыда Париж бен Берлин мемлекеттік қарыздарды одан әрі өтеуге қатысты ЕО тарапынан кепілдік құратын еврооблигациялар шығару жөнінде бірыңғай бағыт ұстанады деп жоспарланды.

Дегенмен, кездесуге бір күн қалғанда герман билігі өз бюджетіне қосымша салмақ түседі деген қауіппен ресми түрде бұл бағалы қағаздар «жағдайды жақсартудың дұрыс және нақты жолы» емес деп мәлімдеді.

Нарықтар еуроаймақ экономикасының жетекші екі көшбасшысының кездесу қорытындысын тағатсыздана күтіп отыр.

ГЕРМАНИЯ

ГИТЛЕРДІ ӘЙЕЛГЕ АЙНАЛДЫРМАҚ БОЛҒАН

Кезінде ағылшын барлау қызметі Германияның 23-рейхсканцлері Адольф Гитлерді әйелге айналдыруға әрекеттенген. Ұлыбританияның Кардифф университетінің профессоры Брайан Фордтың «Құпия қару: Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі технология, ғылым мен жеңіске талас» атты кітабында осындай сенсацияны жария етті.

The Daily Mail-дың хабарлауынша, британдық құпия қызметтер соңғы кездері Гитлердің озбыр мінезін жұмсартып, оны нәзік жанды адамға айналдырудың амалдарын қарастырған. Сөйтіп, фюрердің асына әйелдердің жыныстық гормондарын қосып беруге әрекеттенген. Түссіз, иіссіз эстрогендерді бірнеше ай қолдану адам ағзасын жыныстық ауытқуларға ұшырататыны белгілі. Ғылымның бұл құпиясы сол кезде-ақ өндірісте қолданылыпты. Фордтың мәліметінше, сенсациялық мәлімет ағылшын барлау қызметінің құпия құжаттарын жариялау барысында белгілі болған. Бұл құжаттарда Гитлердің шылымдарын улау тәсілдері көзделгені туралы да деректер бар.

● *Ассамблея аясында*

ИГІ ДӘСТҮР – ЕЛ ЫРЫСЫ

Жетісу
Қажет АНДАС

Жуырда «Қазақстан – Корея» достық қоғамы облыстық филиалының ұйымдастыруымен ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіз елдің тарихы: қазақтың игі дәстүрлері: «Сауын айту», «Асар», «Сыбаға» тақырыбында мәдени-танымдық кеш өтті. Оған өңіріміздегі этномәдени орталықтардың өкілдері қатысып, қазақ ұлтының салт-дәстүрінен көріністер көрсетсе, өнерпаздар ән мен жырдан шашу шашып, кештің шырайын кіргізді.

Аталмыш шарада «Қазақстан – Корея» достық қоғамының облыстық филиалының төрайымы К. Хан, «Достық үйінің» директоры Ж. Сәдеков, Қазақстан халқы Ассамблеясы Алматы облыстық хатшылығының бас маманы С. Сұрабалдинова қонақтарды құттықтап, сөз сөйледі. Олар қазақ ұлтының салт-дәстүрінің өзіндік өзгешелікке, бай мазмұнға, бағалы тәрбиеге бай екенін айта келіп, оның өскелең ұрпақты адамгершілікке, ынтымаққа, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі артықшылықтарын әңгімеледі.

Әлбетте, қазақтың бай салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының бүгінгі таңда әлемде кең қолдау тауып, өзге жұртты қызықтыра бастағаны қуантады. Оны насихаттап жүрген еліміздегі этнос өкілдерінің де жарқын істері жаңды жадыратады.

Шырайлы кеш халқымыздың дәстүрі бойынша ақсақалдың ақ батасымен басталды. Ынтымақ пен берекеге шақыратын ізгі ниеттен кейін көпшілікке этномәдени орталықтар дайындаған көлемер бұйымдарының көрмесі көрсетіліп, ақ дастарқан ұсынылды. Осыдан кейін «Сауын айту» дәстүрі бойынша ұлттық тағамдар тартылып, ән айтылып, би биленді, баска да қойылымдар көрсетілді. «Асар» дәстүріне сай театрландырылған қойылым көрсетілін, «Сыбаға» дәстүрі бойынша этномәдени орталықтар мен өнер ұжымдарына сый-сияпат, марапат жасалды.

Қысқа да нұсқа өткен шарада көпшілік «Сауын айту», «Асар», «Сыбаға» дәстүрлерінің мәні мен мәнызы жайында толық мағлұмат берілді.

● *«Мектепке жол»*

«Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен Балпық би кентіндегі М. Құрманов атындағы орта мектепте «Баланы мектепке жинайық» республикалық акциясы аясында «Қайырымды жұма» қайырымдылық шарасы өтті. Акцияның көздеген мақсаты – «Нұр Отан» ХДП тұғырнамасындағы жас ұрпаққа білім беру, сондай-ақ, Елбасының Жолдауларындағы атап көрсеткен басым бағыттарды жүзеге асыру болып табылады. Акцияның тағы бір діттегені, аз қамтылған, жағдайы төмен көп балалы отбасыларындағы балалар мен жетім балалардың сабаққа қажетті құрал-жабдықтар мен киім-кешекке зәрулік салдарынан мектепке бара алмай қалуының алдын алу, оларға көмек көрсетуге ауқатты азаматтар, бизнес өкілдерімен қатар үкіметтік емес ұйымдарды тарту, осынау өзекті мәселеге қоғамның назарын аудару болатын.

БІР БАЛАНЫ ҚУАНТСАҢ...

Аудан әкімінің орынбасары Әлия Садықова акцияны ашып республика көлемінде өтіп жатқан аталмыш шараға орай аудан әкімі Мұрат Әсербаевтың арнайы өкімі қабылданып, соп бойынша түрлі шаралардың өтіп жатқанына тоқталды. Сондай-ақ, өткен жылғы осындай «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына аудан бойынша 75 азамат қол ұшын беріп, көмекке мұқтаж 725 оқушыға 2 миллион 500 мың теңгенің көлемінде көмек көрсеткенін, бұл да 743 баланың керек-жарағына үш миллиондай теңге көлемінде қаражат керек болып отырғанын жиналғандардың назарына салды.

– Ең бастысы ешқашан жетімі мен жесірін жылатпай, қол ұшын беріп отыратын текті халқымын, ұрпақтары ретінде сіздер осы акцияны қолдап, көп болып көмектесетіндеріңізге сенемін, – деді Әлия Секергалиқызы. Мұнан соң сөз алған «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының қоғамдық-саяси жұмыс бөлімінің кеңесшісі Әйгерім Балғымбаева республика көлемінде 1 тамыздан басталып, 30 қыркүйекке дейін жалғасатын бұл қайырымдылық акциясының қоғамдық маңызына тоқталса, отандық жеңіл өнеркәсіптің сапасы қатарына қосылғанына небары алты-ақ ай өтсе де бүгінде жеңіл кеңістікте өз орандарын желеніп үлгірген «ZhaNaMa-dos» атты жаңа компанияның вице-президенті Дәурен Қазыбекұлы Көксу ауданындағы көмекке мұқтаж балалардың бірнешеуіне болса да көмектесу ниетімен Алматыдан әдеуі келгендіктен жеткізді: «Бір баланы қуантсаң, қырық, перште шаттанады» демекші, олар Балпық би кентіндегі аз қамтылған бір отбасының төрт баласына 100 мың теңге көлемінде киістік, киімдерден қоса сабаққа қажетті түрлі жабдықтар табыс етіп, азаматтығарын танытты. «Нұр Отан» ХДП облыстық және аудандық филиалының өкілдері кенттегі тағы бір көп баласы отбасы мен аз қамтылған отбасы балаларын оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, «Экстра» майбұршақ өндіру зауытының бастығы Қанат Қонысбекұлы Ғазлоштанның аудандық филиалының директоры Манат Тастанұлы, «Көксу-Шекер» ЖШС-нің бастығы Ерлан Асанұлы, жеке кәсіпкерлер Досымбек Рахымұлы, Ержан Советұлы, Ербол Нұрбекұлы Нарбек Арынкелдіұлы өз тараптарынан қайырымдылық көмек көрсетті.

Шара соңында аудан әкімінің орынбасары Ғалым Қасымұлы акцияға атсалысып, демеушілік көрсеткендерге алғыс білдірді. Кейін қолдауын тапқан шараларды іс-шара ары қарай аудандарда жалғасын таппақ.

Бердіхан ЖӘҢІШ.

КӨКСУ АУДАНЫ.

БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

БІРЛЕСТІКТІҢ БЕРЕРІ КӨП



Тәуелсіздікке қол жеткізгелі елімізде болып жатқан өзгерістер білім беру саласына елеулі жаңалықтар әкелін отырғаны белгілі. XXI ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманына сай зерделі, ой-өрісі дамыған азаматты қалыптастыру мемлекеттің ең маңызды стратегиясы. Жас ұрпаққа білім беріп қана қоймай, сол арқылы әлем кеңістігіне ену, әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде болуды Елбасымыз педагог қауымның алдына басты мақсат етіп қойғаны баршамызға мәлім.

Міне, осы орайда қаладағы №14 орта мектеп-гимназиясының педагогикалық ұжымы оқу жылының соңында әдістеме-бірлестіктерінің бір жыл көлемінде істеген жұмыстары мен тәжірибелерін, жеткен жетістіктерін ортаға салу мақсатында бірлестіктер арасында жарыс өткізді.

Жарыстың басты мақсаты – оқу-тәрбие үрдістерінде мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен жетістікке жету жолындағы ізденістерін айқындау арқылы «Ең үздік әдістеме бірлестігі – 2011» деген марапат беру. Жарыс барысында көрсетілімдерді, барлық әдістемелік бірлестік үлкен даярлықпен келгендігіне көз жеткізіп, бір жыл көлемінде үлкен іс тындырғандарының куәсі болдық.

Атап айтсақ, бірінші болып өздерін таныстырған жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі Қарлығаш Құдайбергенова осы бағытта жұмыс істейтін, қалалық, облыстық, республика көлемінде оқушылар арасында кіші ғылыми академия жетекшісі Айнұр Ахмедиева, Шекер Құдайбергенов, Сымбат Оралбаева, Шолпан Қаспақова есімдерін ерекше айтып өтті.

Екінші болып сөз алған шет тілдері әдістеме бірлестігінің жетекшісі Кенжегүл Рысханова жас болса да өзінің ұйымдастыру қабілетімен сол бірлестік ұстаздары жұмысын дұрыс ұйымдастыра алу қабілетімен көзге түсті.

Шет тілін озық меңгеріп, қалада өткен пән олимпиадасында көзге түскен оқушылар есімі (А. Раимова, А. Қоржымбаева, Д. Идигова) белгілі болды. Өзіне үлкен қолдау көрсетіп, тәжірибелерін үйретіп жүрген мектептің ардагер ұстаздары – Қарлығаш Шіркімбаева және Құлтай Бихаламовага алғыс білдірді.

Келесі кезекте ортаға шыққан тарих әдістеме бірлестігінің мүшелерін мектептегі ең жас бірлестік деп атауға болады. Өйткені оның 6 мүшесінің бесеуі өрімдей жас. Осыған қарамастан олардың да бір жыл көлемінде жеткен жетістіктері баршылық. Былтырғы «жас ұстаз» құрамынан шыққан Дидар Ақжолов үшін биылғы оқу жылы табысты өтті. Өйткені оның даярлаған оқушысы КҒА-да III орын, А. Исханов пән олимпиадасынан II орын, ал өзі «Жыл сынып жетекшісі» байқауында марапатқа ие болды. Сондай-ақ, жас ұстаз А. Бегасылованың оқушысы А. Қуандықов қалалық пән олимпиадасында III орынды иеленді. Олар осы жетістікке жетуде, тәжірибе жинақтауда үлкен көмек көрсетуші тәлімгер М. Баймолдановага алғыс айтты. Ал төртіш болып өз тәжірибелерін ортаға салған дене шынықтыру әдістеме бірлестігін мектептегі жаңа бірлестік десек болады. Өйткені бірлестік мүшелері жыл басында ғана келген. Тіл табыса алу, іскерлік, шеберлік нәтижесінде олар ұжымға тез сіңісіп, оқушыларды салауатты өмір сүруге, спортқа баулуда көптеген жетістікке жетті. Атап айтсақ, қала бойынша 9-11 сынып арасында футболдан II орын, «Шорт трекингтен» I орын, волейболдан I орын, тоғызқұмалақтан V орын, баскетболдан III орын иеленді. Бұл көрсеткіштер ұстаз еңбегінің жемісі.

Келесі болып кезек алған бастауыш сынып мұғалімдерінің бірлестігі. Бұл ұжымдағы мүшелері ең көп бірлестік. Құрамында 21 мұғалім бар. Барша білімнің бастауы – бастауыш болғандықтан оқушыларымыздың жетістікке жетуінің бастауын бастап, тағын берік етуге бұл ұстаздардың еңбегі зор. Олар «Өзін-өзі тану» пәнін орнықтырууда зор тәжірибе жинақтаған шығармашыл топ екендіктерін дәлелдеді.

Ана тілінің туын көтеріп, маңызын арттыруды ең жетекші бірлестік – қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі болып табылады. Жыл сайын бұл бірлестік көш бастаушы ретінде танылса, биыл да өз маңызын жоғалтпай, биіктен көрінді. Мектептегі жақсы көрсеткіштің 60-70%-ын осы бірлестік береді десек артық емес. Осы орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А. Нұрсейітованың еңбеккорлығы мен ізденімпаздығын ерекше атап айтуға болады.

Мектептегі көшбасшы әдістеме бірлестігінің қатарына математика, физика, информатикалық ақпараттандыру бірлестігін жатқызамыз. Өйткені математика – жалпы білімдердің бөлігі. Кез келген адамның логикалық ойлау және талдау шеберлігі осы ғылым арқылы қалыптасады. Осы бағытта тынбай ізденіп, жыл сайын жоғары көрсеткіштерге жетіп жүрген К. Нүтербекова, Б. Сырғабаева, Г. Садуова, Б. Сабденова сынды ұстаздардың еңбегі зор екендігі айтылды.

«Достықты достық шақырады» деп ұлы Абай айтқандай, ұлтаралық тілді дамытып, достықтың ұлы көпірін салып жүрген орыс тілі мен әдебиет пәні бірлестігі мүшелерінің де еңбектері ерекшеленді. Бұл қатарда Ж. Абдырахманова, М. Тоқтарова, Е. Сомова сынды ұстаздар есімін ілтипатпен атай аламыз.

«Әлемді құтқарушы – әдемілік» демекші, ең соңғы болып сөз алған «Эстетикалық бірлестік». Қала көлемінде өткізілген «Денсаулық фестивалі», «Әлем – балалар көзімен», «Жаңа жыл – 2011» байқауларында арнайы жүлделерге ие болды. Бұл қатарда оқушыларға атақсіпті дәріптеуші ұстаз – Ә. Болысбеков, Б. Кереева, қылқаламды ұстауды үйретуші – К. Камбарова, әдеміміздің ұлықтаушы – С. Сабитова, А. Құсаинова сынды ұстаздарымыз бар.

Жарыс өз мәресіне жетті. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар анықталды. «Ең үздік әдістеме бірлестігі – 2011» атағын жеңіп алғандар бастауыш сынып әдістеме бірлестігі болды.

Еңбектенбей жетістікке жету мүмкін емес. Кісі еңбегі – оның мандай тері. Еңбек тынымсыз, әрі үнемі болып тұрса гана табыс үзілмейді. Міне, байқауға қатысушы ұстаздар осы тұжырымға тағы бір мәрте көз жеткізді.

Гүлжанар ЕСПАНОВА,
№14 орта мектеп-гимназиясы директорының ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары.



ӘДЕПТІЛІК – тәрбие бастауы

Білім беру үрдісінде оқушылардың адамгершілік дамуына ерекше әсер ететін – мұғалім тұлғасы. Өйткені мұғалімнің адамгершілік бет-бейнесі балаларға үлгі.

Мектепте адамгершілік тәрбиесіне ерекше орын берілген. Оларды ұйымдастыру және жүргізу үлкен өнерді қажет етеді. Оқушылардың адамгершілік тәрбиесінің қайнар көзінің бірі – түрлі сыныптан тыс жұмыстар. Онда оқушылардың нағыз адамгершілік қарым-қатынас орнатуына жағымды жағдай туады. Жеке дара бейімділік, шығармашылық қабілеттер дәл осы іс-әрекетте толыққанды дамиды.

Осыған дәпел ретінде сынып оқушыларымен ұйымдастырылған «Мен қандай баламын?», «Әдептілік – тәрбие бастауы», «Отбасы – алтын дәнек», «Табиғатым – тағдырым» тақырыбында жүргізілген тәрбие сағаттарын атап кетуге болады.

Егер мұғалім күнделікті оқушыға тұлға ретінде қарап, оған өз жетістіктерін бағалауға көмектессе, қайырымдылық көрсетіп, қиын жағдайға тап болғанда қол ұшын берсе, өскелең ұрпақ оған құрметпен қарайды және сенеді.

Оқушылардың өмірлік тәжірибе жинақтауында отбасылық қарым-қатынас маңызды орын алады. Онда адамгершілік ұстанымдар, ата-ананың имандылық құндылықтары көрініс тапқан.

Оқушылардың адамгершілік қасиетін дамытуда өнердің де өзіндік орны бар. Қарым-қатынастың бұл түріне театрға, көркемөнер галереясына барып тұру, түрлі байқауларға және фестивальдарға қатысу жатады.

Адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – баланы құрметтеу, өрбір оқушы өзін тәрбиелей білуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екендігін түсіну тиіс. Өзінің оқушысын өз бетінше білім мен тәрбие алуға үйреткен мұғалім қазір түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайтындығын біледі. Бала – ықпал ету объектісі емес, ынтымақтаса қызмет ететін тұлға.

Сыныптағы рухани-адамгершілік, психологиялық ахуал – бала үшін адамдармен қатынастың алғашқы мектебі. Нақ осы өз сыныбында баланың мейірімділікке немесе қатыгездікке, тәртіпке, материалдық және рухани құндылықтарға деген көзқарасы қалыптасады. Сонымен қатар, махаббат сезімі, достықты, жауапкершілік пен шындықты түйсінеді, яғни мектептегі тәрбие балалар көзқарасының қалыптасуына өзіндік ықпалын тигізеді. Сол себепті адамгершілік-рухани тәрбиенің бала өміріндегі маңызы айрықша.

Қарлығаш ШЕҢГЕЛБАЕВА,
М. Жұмабаев атындағы № 19 орта мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.

ТАЛДЫҚОРҒАН.

www.Zhetysu sml.kz
e-mail: Jetsu2012@mail.ru

Бейсенбі,
5 шілде,
2012 жыл

КӨКЖИЕК

8

Жетісу

«Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы екінші деңгейдегі банктер, шағын несие беретін ұйымдар қолжетімділік жағдай жасау бағытында аудандық «Шарын» несие сериктестігі арқылы 4 шаруа қожалығына 10 млн. 900 мың теңге, ауыл шаруашылығы қолдау қоры «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 21 адамға 21 млн. теңге, «МКО» «KMF» филиалы арқылы 215 адамға 36 млн, 400 мың теңге несие берілгендігін тілге тиек еткен кәсіпкерлік бөлім бастығы кәсіпкерлердің қолда бар мүмкіндіктерді пайдаланып, жұмыс атқаруына негіз бар екенін баяндады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА – 2020

«Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банктің» облыстық филиалында пресс-конференция етті. Бұл жиынның басты себебі жоспарға сәйкес Елбасының тапсырмасымен қолға алынып жатқан бастаманың бірі – «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасының тұсауын кесу. Президенттің тапсырмасы бойынша бұл бағдарлама осы шілде айының басында дайын болуға тиіс болатын.

Алмас НҰСІП
«Жетісу»

Көздеген уақытта дәттеген бағдарламаны жасап үлгерген «Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банктің» басшылығы әр облыста осындай конференцияларды өткізуді қолға алып жатқан көрінеді. Президент Н.Назарбаев қадап айтқандық әсіресе, жастарды баспанамен қамтамасыз ету жоспары қолға алынғалы да біраз болды. Дегенмен әр отбасының мүмкіндігіне, айлық табысына қарай ыңғайланып жасалған бұл бағдарлама елімізді осы саладағы жеткен алғашқы жетістіктерінің бірі деуге болады. Конференцияны өткізудегі мақсат бұқаралық ақпарат құралдары арқылы осы жағымды жаңалықты халыққа жеткізу, үйсіз жүрген жас отбасылар ғана емес, кез келген Қазақстан азаматтарын осы бағдарлама аясында аталмыш банкке салымды болуға үндеу.

«Бұл біздің елдің азаматтары үшін, оның ішінде жастар үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан үлкен мүмкіндік, қамқорлық, деуге болады, – дейді «Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банк» облыстық филиалының директоры М. Мұсабекова конференцияны ашып тұрып. Сонымен қатар, бұл бағдарламаның бұрынғылардан өзгешеліктеріне тоқталды. Айтуынша, бұл ретте кәптеген жеңілдіктер қарастырылған.

Конференцияға директормен қатар облыс әкімі аппараты сәулетқұрылыс және инфрақұрылым бөлімінің меңгерушісі Л. Поздняков, Талдықорған қалалық құрылыс басқармасының бөлім бастығы Қ. Бауыржов пен Б. Татарчук, құрылыс басқармасының тұрғын үй-коммуналдық нысандар құрылысы бөлімінің бастығы Ж. Сағунова, мемлекеттік сәулетқұрылыс қадағалау және лицензиялау департаментінің бастығы Б. Мұхтаров, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы ТКШ бөлімінің бастығы Б. Мұхтаровтар қатысты. Жиналғандардың сұрағы артуға болғандықтан басшылардың арқайсысы өз саласына қатысты сұрақтарды бөліп алып, жауап берді. Журналистердің сұрағы көбіне құрылыс саласына байланысты болды, сондай-ақ, қаралайым тұтынушы ретінде түсінбегендерін сұрады. Конференция өткізушілер де қарапайым тілмен түсіндіруге тырысты.

Елбасының тікелей тапсырмасымен жолға қойылып жатқан бағдарламаны қадағалайтын арнайы комиссия құрылады. Құрылыс саласына ең аз дегенде екі жыл кепілдік беріледі. Егер істен шыққан, болмаса сапасы жағынан ақаулар табылып жатса жөндеу жұмыстары жасалуға тиіс», – деді.

Кездесуде ең көп айтылған жас отбасыларды үймен қамту мәселесі. Аталмыш бағдарламаның өз негізгі өзі бағыт бойынша жұмыс істейді. Соның бірі – жас отбасыларды баспанамен қамту. Сұрақтың көп туындаған тұсы да осы болды. Біздің ұқсағымыз жас отбасыларға қойылатын басты талап екеуінің де жасы 29-дан аспауы керек және отау құрғандарына кем дегенде 2 жыл болуға тиіс. Сонымен қатар, балдық система қарастырылыпты. Мәселен, балдық ұпайыңыз көп болса жеңілдік те соғұрлым молырақ болады. Айталық, бір баланың бар болса, сізде 20 балл бар. Бала саны 2 болса 30 балл... Осылай кете береді. Отбасында мүгедек адам болса да осы жүйе бойынша жеңілдіктер бар. Неке уақытының ұзақтығы да ұпайларыңызды асырайтын көрінеді.

Осы уақытқа дейін Талдықорғанда жылына екі тұрғын үй салынып келсе, бұл көрсеткішті бұл алтыға жеткізу көзделіп отыр. Ал, облыс бойынша жылына мыңға жуық, төтер кілті табыс етілуге тиіс.

Тағы бір сүйінерлі жағдай үй салып алуға жағдайы бар деген жақ отбасыларға жер телімдерін беру жоспарланып отыр. Алғашында қағыс естідік пе деп қайта сұрағанбыз. «Тегін» Иә, солай деген. Тек жоғарыдағы шартқа сәйкес болу керек. Дәл осы күннен бастап қолға алынуға тиіс бұл игілікті іс жер телімдерін коммуналдық инфрақұрылыммен қамтамасыз етіп болған соң, тіркелген азаматтарға үлестірілетін болады. Отбасылық жағдайларына қарай.

Бас-аяғы бір сағатқа созылған конференциядан үлкен үміт арқалап қайттық. Жастарымыз осындай қамқорлыққа ие болса елімізді, ертеңгі өмсел болмақ. Оның үстіне 2020 жылға дейін жас отбасылар түгелге жуық, үймен қамтылатын болады деген жалы әсер еткен. Біз басшыларға сенем артып қайттық. Олар БАҚ өкілдеріне сенем артып қала берді. Біздің естігенімізді елге жеткізу ғана. Ал, негізгі іс сопардың қолында.

АЛАКӨЛ АУДАНЫНАН

ЕГІСТІК КЕҢЕЮДЕ

Алакөл ауданында 77910 гектар егістік жер бар. Соның 6 мың гектары парға қалдырылып, 7 1978 гектарына егін салынды. Биыл соның 3 1236 гектарын дәнді дақыл алып жатыр. Дәнді дақыл себу толық аяқталды.



Алакөл дикандары өсіресе қытай бұршағын себуге ден қоюда. Бұл табысты дақыл егістігі жылдан-жылға кеңейіп келеді. Себебі, тауар өтімді әрі бағасы да жоғары. Соя егістігі жыл сайын 2-3 мың гектарға артып отыр. Былтыр ауданда бұршақ 12 мың гектарға жетпейтін. Биыл 12850 гектар жоспарланған. Бүгінде 14857 гектар алқапқа дән сеуіпді.

Егістік тұтастай суармалы жерге орналастырылған. Суармалы алқап кеңейген сайын суға деген сұраныс арта түсуде. Егіс көлемі бұдан әз кездің өзінде су тапшылығы білінеп қалатын. Сондықтан су проблемасын шешу үшін биылдан бастап облыс бюджетінен мол қаржы бөлініп, шағын ауылдарға тоған тартылып, су жеткізілді. Соңғы кезде тауға үздіксіз жаңбыр жауудың нәтижесінде су деңгейі көтеріліп, дикандар қарық болуда. Олар табиғаттың бұл мейірімін жақсылыққа жорып отыр.

МАЛ ЖАЙЛАУҒА БЕТ АЛДЫ



Биыл Алакөл өңірінде мал қыстан күйлі шықты. Қаһарлы қысқа қапысыз әзірленген шопандар қауымы сыналар шақта сыр берген жоқ. Қорасы бүтін, жемшөбі мол малшылар қыстамадан малды шығынсыз алып шықты.

Ауданда ағымдағы жылы 101 мың сауық қолдады. Төл алу науқанына тиянақты дайындалған шопандар мен сақмашылар туған төлдерді аузынан үріп, аяғын сынырып тегіс қатарға қосты. Соның нәтижесінде аудан бойынша әр жүз басқа шаққанда орта есеппен 105-тен қозы айналды.

Мал шаруашылығындағы маңызды жұмыстардың бірі – қырықтық науқаны. Бұл науқан да табысты аяқталды. Қырқылуға тиісті 141 мың қой уақытында «шапанын шешті». Әр қойдан орта есеппен 3,5 келіден жүн қырқылды.

Қырықтық науқаны аяқталысымен қой тоғыту басталды. Бұл жұмыс негізінен жекеменшікте жүргізілді. Ал ірі шаруашылықтар мен қожалықтарда жұмалы тері ауруларына қарсы егілді. Малды егудің әсері әлдекайда жоғары.

Жүн қырқылып, тоғытудан өткен бойдақ қойлар жайлауға бірінші болып шықты. Жылқы да жайлауға ерте ілінді. Қазір тауға өрлеген көштің қарасы мол. Сауық отарлары тегіс жайлауға жылжыды. Ірі қара, соның ішінде сауын сиырлар жылдағыдай Тоқжайлауды қоныстануда. Мал да, малшы да енді жасын жайлаудың рахатын көреді.

С. ХАСЕНОВ.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

КӘСІПКЕРЛІККЕ – КЕҢ ӨРІС

Талауда Үйғыр ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудандық прокуратура мен аудан әкімдігі аппараты бірлесе отырып, «Кәсіпкер және шенеунік» атты "дөңгелек үстел" өткізді. "Дөңгелек үстелге" аудан әкімі Коюмчан Омаров төрағалық етті. Аудан кәсіпкерлерінің пікірталасына аймақ прокуроры Шәміл Құтелов қатысып отырды. Оған «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы, аудандық прокуратура қызметкерлері, селолық округ әкімдері, «Атамекен» Ұлттық экономикалық палатасының аудандық филиалы екілі, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, салық, төтенше жағдайлар бөлімі, аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімінің мамандары және аудан кәсіпкерлері қатысты.

"Дөңгелек үстелде" ҚР Бас прокуратурасының «Өлеуметтік-экономикалық салалардағы заңдарда азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» бұйрығына орай, аудан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау, бизнеске заңсыз қол сұғушылықты болдырмау Елбасымыз Н. Назарбаевтың прокуратура органдарының алдына қойған басты бағыттарының бірі екендігін аудан прокурорының көмекшісі А. Мұқашев өз баяндамасында толық атап өтті.

Баяндамашы Елбасымыз Н. Назарбаевтың биылғы «Өлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауындағы басты бағыт ауылдық жерлерді кәсіпкерлікті дамыту екендігін атап өтті. Осы орайда ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және есепке алу жөніндегі комитетімен «Бизнес тірегі» жобасы жүзеге асырылуда. Аталмыш жоба тексерулерді жүргізу ресімін ашық, болуына ықпал етеді. Кәсіпкерлер интернет-ресурстар немесе ұялы байланыс арқылы тексеруді комитет органдарында тіркеу туралы ақпарат ала алады. Осындай ақпаратты 1012 нөміріне SMS – хабарламасын жіберу арқылы да алуға болады. Электрондық жүйе заңсыз тексеру бекітілген өңірдің прокуратура органдарының мекенжайына хабарламаны дереу жолдайды. Сол уақытта заңды түлғаның орналасқан орнына үтқыр топтар шара қолданады. Мұндай топ аудан прокуратурасында құрылған. Олардың ішінде прокуратура қызметкерлерінен, кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар. Бүгінгі күнге дейін үтқыр топтарға кәсіпкерлерден 1қоңырау, «Бизнес тірегі» жобасы бойынша 1 қоңырау келіп түсті. Аталған оқиғалардың барлығы бойынша прокурорлық ықпал ету шаралары белгіленді, – деді аудан прокурорының көмекшісі.

Қашанда мұндай келелі кеңестердің аудан кәсіпкерлеріне берері мол. Елбасының биылғы Жолдауында айтылған он бағыттың ең бірінші – қазақстандықтардың жұмысқа тартылуы мен оқытылуы және ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті дамытуға жол ашу. Басқосқан "дөңгелек үстелде" аудан кәсіпкерлерінің атқарған жұмыстары туралы аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бастығы Бинара Сыдықбекова хабарлама жасады. Оның айтуына қарағанда, бүгінгі күні ауданда 6638 кәсіпкер жұмыс атқарып, өз нәсібін тауып жүр. Кәсіпкерлер есепті мерзімде 99 шағын субъектілермен айналысып, 65 мың 924 теңгенің тауар өнімдерін өндіріп, аудан бюджетіне 14 млн. 781 мың теңге қаржы құйған.

«Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы екінші деңгейдегі банктер, шағын несие беретін ұйымдар қолжетімділік жағдай жасау бағытында аудандық «Шарын» несие серіктестігі арқылы 4 шаруа қожалығына 10 млн. 900 мың теңге, ауыл шаруашылығы қолдау қоры «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 21 адамға 21млн. теңге, «МКО» «KMF» филиалы арқылы 215 адамға 36 млн. 400 мың теңге несие берілгендігін тілге тиек еткен кәсіпкерлік бөлім бастығы кәсіпкерлердің қолда бар мүмкіндіктерді пайдаланып, жұмыс атқаруына негіз бар екенін баяндады.

Ауданның барлық құзырлы органдарының мамандары басқосқан пікірталас барысында аудандық салық басқармасының маманы Н.Ноғайбекұлы, сондай-ақ «Атамекен» Ұлттық экономикалық палатасының аудандағы өкілі С. Зайнидиновтер әрбір аудан кәсіпкерлері өз шаруасын деңгелетіп өсету үшін, аудандық кәсіпкерлік бөлімімен тығыз байланыс орнатып, өзімізді кәсіпкерлер заңнамаларының нормалары мен талаптарын қатаң сақтау негізінде іс жүргізу керектігін түсіндірді. Аудан кәсіпкерлері өздерін толғандырып жүрген сұрақтарды қойып, нақты жауаптар алды.

"Дөңгелек үстелді" аудан прокуроры Шәміл Құтелов қорытындылап, кәсіпкер мен шенеунік арасындағы байланыс ынғайсыз, елімізделі кәсіпкерлік заңнамаларын толық сақталуына мүмкіндік туатынын жеткізді. Кәсіпкерлердің басын қосып, әрбір тоқсан сайын осындай алаңды кездесулер өткізу аудандық прокуратура тарапынан жоспарланғандығын айта келе, әрбір құзырлы орган қызметкері, мейлі жеке кәсіпкер болсын, елімізділ заң аясында жұмыс жүргізуге міндетті екенін жеткізді.

Жұман МАТАЙ.

ШӨНЖІЛІ АУЫЛЫ,
ҮЙҒЫР АУДАНЫ

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

«Тастан сарай салғызып...»



Өндірістік саланы дамыту Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында үнемі ерекше аталып өтеді. Әсіресе, дайын өнім шығару барысында отандық шикізатты пайдалану мейлінше назарға алынып бірқатар шаралар да атқарылып жатыр.

Мұратхан ТҰРАР
"Жетісу"



Бұл орайда «Текелі-Гранит» зауытын атап өтуге болады. Текелі қаласының маңында орналасқан зауыт қазақ жерінің тау байлығын өңдеп, халық игілігіне жаратып жүр. Өндіріс ошағы өзінің қажетіне Қордай, Қапал-Арасан, Желтау, Құрты кен орындарының табиғи тасын шикізат ретінде пайдалануда. Бұл кен орындарынан алынатын табиғи тастан қалыңдығы он миллиметрден асатын жерге және қабырғаға жапсырылатын плиталардың кез келген көлемі мен терезе жақтауы, плинтустар және де жерлеу рәсіміне байланысты тастан қашалған заттар дайындалады.

Зауыттың негізгі өнімдері – қырналған тас плиталар мен тастан қашалған түрлі құрылыс заттары, үлкен сұранысқа ие. «Текелі-Гранит» ЖШС-де бұл күні алпыстан астам жұмысшы қызмет етіп жүр. Ал зауыттың жалпы қуаттылығы гранит өнімдерінің 24 мың шаршы метрі мен мәрмәрдің 30 мың дайын өнімін шығаруға жетеді. Зауыттың атқарушы директоры Владимир Стрельцов өндіріс орнының негізгі бағыты қызмет көрсетудің жоғары деңгейі мен осыған сәйкес тұтынушылардың үлкен сұранысына ие болу екендігін жеткізді.

Сондай-ақ, табиғи тас өнімдерін өңдеумен айналысатын зауыт Еуропадан арнайы тапсырыспен алынған құрылғыны пайдаланып отыр. Аттай қалап алған бұл италияндық құрылғы өнімділік көлемі мен сапасын арттырып әрі өндіріс ошағының үздіксіз дайын өнім шығаруына өзінің айтарлықтай септігін тигізуде. Облыс орталығынан 30 шақырымда орналасқан зауыттың шығаратын өнімдері халықаралық стандарттарға сай деп айтуға толық негіз бар. Себебі, өндіріс ошағы ең соңғы үлгіде құрастырылған заманауи технологияларды пайдалануда. Халықаралық нарық қойып отырған жоғары сапалы өнімдерді шығаруда бұл зауыт тек өнімнің саны мен сапасын басты назарда ұстамай, сол өнімдерді өндіруде қоршаған ортаға зиян тигізбеуді де ұмытпайды. Сөз болып отырған зауыт, өндірісте пайдаланатын құрылғылары экологиялық салдары зиянсыз әдістерді атқарады. Болашақта өзінің стратегиялық жоспарында тұтынушылар көлемін ұлғайтуды ойластырып отырған зауыт шетелдік компаниялармен тығыз қарым-қатынас орнатпақшы.

«Текелі-Гранит» зауыты басшылығы кадр мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Жыл сайын зауыттың инженер-техникалық қызметкерлері кәсіби шеберлікті арттыратын курстардан өтіп, отандық және шетелдік әріптестерімен тәжірибе алмасып отырады. Бұдан бөлек сөз болып отырған өндіріс ошағы көп жыл қызмет атқарып жүрген тәжірибелі қызметкерлермен қатар жас мамандарды да өндіріске тартуды өзінің басты бағытына алған. Өз қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттырып отыруды назарда ұстау мен еңбек шарттарының сақталуын қадағалау арқылы «Текелі-Гранит» зауыты өндіріс саласында жақсы жетістіктерге жетіп отыр.

Зауыттың жалпы тұтынушылардың сұранысына сай қажетті өнімдерді шығаруын айтпағанда, мемлекеттік маңызы бар бағдарламалардың жүзеге асуына да айтарлықтай күш салуда. Атап айтар болсақ, мемлекеттік стратегиялық маңызы жоғары «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасының тек облыс көлемінде емес, тұтас республика аумағында жүзеге асуына осы «Текелі-Гранит» өндіріс орны секілді зауыттар қолғабыс болып отыр.

Бүгінгі таңда республикадағы өндірістік саланың қарқынды дамып келе жатқандығын ескерсек, аталмыш өндіріс тауарлары мен тұтынушыларының көлемі азаймауы тиіс. Өндіріс ошағы қызмет көрсету сапасын осы межеден түсірмей тек пайданы емес, тұтынушылар пікірін де ескерсе шауралары алға баса берері анық.

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Тәуелсіздіктен кейін қазақ қыздарының қоғамдағы рөлі тіптен жандана түсті. Құдайға тәубе, бүгінде әр отбасынан іңгәлаған сәби үні естіліп, көшелерде ойын қуған қарадомалақтардың қатары көбейіп келеді. Оған Елбасы Жарлығымен бекітілген өмірге көп бала әкелген аналарды Алтын және Күміс алқа беру арқылы әлеуметтік жақтан қолдау көрсету бағдарламасы көп септігін тигізді.

АЛТЫН ҚҰРСАҚ

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Осындай игілікті жұмыс әлі де жалғасын тауып келеді. Осыған орай, қалалық әкімдікте Астана күніне орай, бір топ аналарымыз Алтын және Күміс алқаның иегері атанды. Бұл қатарда, Талдықорған қаласының тұрғындары Нұрғайша Алдекенова, Нұржамал Егінбаева, Светлана Құсайынова, Рыстұл Құтыбаева, Күлшекен Солтанхан Алтыннан алқа тақса, Күләйша Ахметова, Райса Васильченко, Дәмет Ерденбекова, Майрагүл Омарова, Сандуғаш Садырова Күмістен алқа тақты. Шара барысында қала әкімінің орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев бұған дейін қаладағы 953 ананың 572-і Алтын, 381-і Күміс алқа тағынып, қуанышқа кенелгенін айта келіп, сол қатарға қосылған бүгінгі қуаныш иелерін құттықтап, сый-сияпат жасады.

ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫ

Елбасымыз Н. Назарбаевтың алға қойған нақты міндетін жүзеге асыру жолындағы облыс әкімі Ансар Мұсахановтың аз қамтылған азаматтар санатына әлеуметтік көмек көрсетуді қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасының орындалу барысын тексеру мақсатында «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ерғазы Қошанбеков пен партиялық бақылау комссиясының төрағасы Жомартқали Жексенбінов бастаған комиссия мүшелері кезекті сапарында Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ кентіне ат басын бұрды.



ЖАЙБАРАҚАТТЫҚ ЖАЙЛАҒАН ЖЕРДЕ...

«Санжар» және «Евразия» сауда үйлерінде ұйымдастырылған әлеуметтік сауда бұрыштарының жұмыс жайымен танысып, сөреге қойылған тауарлардың бағаларына көз жүгіртіскеннен кейін көңілімізге кірбің түсті. Оның үстіне осы дүкендерден арзан бағамен азық-түлік сатып алатын мұқтаж адамдардың тізімдерін шолып шығудың да реті келмеді. Біріне-бірі сілтеген сатушылар ақы-ры тексерушілерге нақты тізімді тауып бере алмады. Жеңілдетілген азық-түлік бағаларының деңгейі еркін айналымдағы тауарлардың бағасынан айырмашылығы шамалы.

Президенттің жүктеген міндеттерінде әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарды он санатқа бөліп, 33 тауар түрін әлеуметтік дүкендер арқылы арзандатылған күйде сатуды ұйымдастыру қадап айтылған болатын. Осы жайында әлеуметтік дүкендерді аралап, істің мән-жайын көздерімен көріп, көңілдеріне тоқып келгеннен кейін Ерғазы Қошанбеков пен Жомартқали Жексенбінов Ескелді аудандық әкімдігінің жиынжайында аудан басшылары мен ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен болған кездесуде егжей-тегжейлі баяндап өтті. Аудандағы әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдар санаттары туралы және оларға қызмет көрсететін дүкендер жайлы «Нұр Отан» ХДП Ескелді аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мейірман Тілеуберлінов баяндама жасап, атқарылып жатқан шараларды алға тартуға тырысты. Дегенмен, жаңа ғана дүкендерді аралап, мән-жайымен тікелей танысқан «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы басшыларының қойған кейбір сұрақтарына лайықты жауап таба алмай, күмілжіп қалған ол күр қағаздағы көмектен қайыр жоқ екенін түсінгендей сынай танытты.

Жалпы Ерғазы Қошанбекұлы бірсыпыра ауқымды тұлғалар мен жауапты басшыларға бастырмалатын сұрақтар қойып, нақты да нанымды жауап берулерін талап етті. Мәселен, «Әлеуметтік дүкендерге баға мониторингісін қалай жүргізесіз?» деген сауалға аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бастығы мырзалы жауап бере алмады. Ал бүгінгі талқыланып отырған мәселені ұйымдастырудың нағыз қайнаған ортасында жүруге тиісті Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Мұхаметқали Тілеубергенде өзінің атына қарша жауған сұрақтардың көбіне жалтарма жауап берумен шектелді. Ең бір өкініштісі, Қарабұлақ кентінің әкімі Жақтай Тоқбаев өзі басқарып отырған бастауыш партия ұйымында қанша мүше бар деген сауалға жұмған аузын аша алмай қалды. Бұл деректің өзі Қарабұлақ кентіндегі партиялық жұмыстың қандай деңгейде екенін айқын аңғартса керек.

Жомартқали Баясылұлы да мінберге шығып сөйлеген сөзінде бұл маңызды істегі кемшіліктерге кешіріліс беріліп отырғандығын, жайбарақаттық жайлаған жерде істің ілгері баспайтындығын баса айтты. Аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету мәселесі кезек күттірмейтін шара, сондықтан орын алған олқылықтарды түзетуге бір атта мерзім берілетінін, содан кейін қайыра тексеру ұйымдастырылатынын қатаң ескертті.

Қорытынды сөз алған аудан әкімі Қобылан Манапов бүгінгі кездесудегі ұтымды ұсыныстары мен келелі кеңестері үшін Е.Қошанбеков пен Ж.Жексенбіновке алғыс айтып, айтылған сын-ескертпелер белгіленген уақытында бұлжытпай орындалатынына үзде берді.

Шора БАТЫРБАЕВ.
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МОЛ ӨНІМ МҮМКІНДІГІ

Жуықта Қарасай ауданының Алмалыбақ ауылында Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты базасында «Қазақстанда ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығын дамытудың жай-күйі мен перспективалары» деген тақырыпта екі күндік халықаралық кеңес өткізілді.

Шараны ұйымдастырған ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, «КазАгроИнновация» АҚ және Қазақ егіншілік пен өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты болды. Кеңесте Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары мен қоғамдық бірлестіктерінің, ғылыми ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ, Түркия, Германия, Франция, Ресей, Беларусь, Қырғызстан мен Украина Республикаларының селекция және тұқым шаруашылығы жөніндегі көрнекті мамандары қатысты.

Кеңес жұмысы басталмас бұрын «КазАгроИнновация» акционерлік қоғамына қарасты Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Исатай Нұрпейсов жиналған ғалымдарды институттың тәжірибе шаруашылығын аралатып көрсетті.

Кеңестің мақсаты – тұқым шаруашылығын дамытудың келешегі, сондай-ақ, елімізделі тұқым саласын дамытудың жай-күйіне қатысты бірқатар мәселелерді талқылау болатын. Күн тәртібіндегі белгіленген тақырыпты талқылау тәжірибе алаңдарын көру барысында-ақ басталып кетті. Қаралатын мәселелердің қатарында қазақстандық нарықта лайықты орнын тапқан отандық ауыл шаруашылығы дақылдары мамандарының жұмысындағы проблемалар, республикада тұқым шаруашылығын дамыту және мұталандыруға қажет тетіктер төңірегінде әңгіме қозғалды. Мемлекет басшысының Жолдауында жүктелген басым міндеттерді орындауға бағытталған өзекті пікірлерге орай ойлар ортаға салынды. Астық өндіру саласындағы ғалымдар мен өндіріс қызметкерлері алдында тұрған міндеттердің бірі бидайдың өнімділігі жайында болды. Әрине, бидайдың жоғары және қуаншылыққа төзімді жаңа сорттарын шығару, картоптың, көкөністің, жеміс-жидектің, бақша дақылдарының тұқым шаруашылығын дамыту барысында проблемалардың аз емес екені анғарылды. Әлемдік үрдіске қарасақ, Қазақстандағы тұқым шаруашылығы мен селекция жүйесі әлі де болса назар аударуды қажет ететіндігін көрсетті. Осыған орай, Батыс Еуропа, Германия, Франция, Түркия, сондай-ақ, Келендік олақ елдерінің ең озық тәжірибесін қолдана білу мәселесі де қозғалды. Соған қарамастан елімізде көп жылдан бері селекциялық-генетикалық жұмыс дәстүрі селекция тәсілдерімен де, гендік инженерия, биотехнология тестері арқылы да жүргізіліп келеді. Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы дәнді, дәнді-шөп дақылдарын, дәнді-бұршақ әрі майлы, жем-шөп, техникалық дақылдарының жаңа сорттары мен будандарын шығарды. Оның көбісі республикамызда және одан тыскары жерлерде өндіріске енгізілді. Осы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары шығарған ауыл шаруашылығы дақылдарының аудандастырылған сорттары Қазақстанда, сондай-ақ, таяу шетелдерде (Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан және т.б.) 2,5 млн. гектарға жуық жердегі егістік алқапқа егілуде. Жыл сайын институт арнайы питомникте дәнді масақты дақылдардың 450 тонна жоғары сапалы тұқымын, 130 тонна дәнді жем-шөп дақылдарының, 120 тонна жүгерінің, 30 тонна жем-шөп дақылдарының тұқымын өндіріп, елімізділ өңтүстік-шығыс өңірлерді халталық тұқым шаруашылықтарын қамтамасыз етуде.

Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында селекциялық жұмыс қарқынды жүргізіп келеді. Мұнда 23 түрлі көкөніс-бақша дақылдарына зерттеулер жүргізіледі. Оның ішінде ашық және жабық топырақта өсіру үшін мейлінше көп тараған картоп, пияз, қияр, қызанақ дақылдары бар. Сонымен қатар, сәбіз, қызылша дақылдарында атап айтуға болады.

Ал, көкөніс дақылдары бойынша мәселе біршама күрделі. Елімізде әзірше бақлажан, ақ түсті қырыққабат және жасыл дақылдар бойынша, жергілікті сорттар әлі жоқ. Қазақстандық ғалымдар бұл бағытта өз ізденістерін жаңа ғана бастауда.

Осы жұмыстың бәрінде ауыл шаруашылығы қызметкерлері селекционер ғалымдарымен қоян-қолтық қызметтастықта жұмыс істесе ғана нәтижелі болатынын ғалымдар дәлелдеуде. Ол үшін өнім өндірушілерді мемлекет тарапынан жан-жақты қолдаудың қажеттілігі селекционер ғалымдардың құқықтарын қорғау келек күттірмейтін маңызды мәселелердің бірі болуға тиіс екені де атапып өтті.

Соған қарамастан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «КазАгроИнновация» АҚ ғылыми-зерттеу ұйымдары кейінгі он жылда ауыл шаруашылығы дақылдарының 664 жаңа сортын шығарып, мемлекеттік сорт сынағына берді. Соған қарамастан енгізілу барысында тұқым шаруашылығы саласы көптеген проблемаларға тап болды. Негізгі себеп ғылыми институттардың, тәжірибелік ғылыми өндірістердің және тұқым өндірушілердің материалдық-техникалық жабдықталуы тым төмен. Үкімет осы проблеманы шешу мақсатында отандық ғылымды дамытуға қаржы бөлуді ұлғайтты. Тұқым шаруашылығы үшін қолайлы жағдайлар жасалы. Өздерінің материалдық-техникалық базасын жаңартып, тұқым тазартатын және селекциялық құрал-жабдықтар мен техникалар сатып алды. Селекциялық жаңажайлардың құрылысын бастады. Бұл елімізде, тұтас алғанда, тұқым шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай туды деген сөз.

Осындай келелі мәселелерді талқыға салған ғалымдар астық өндіру мен көкөніс өндіруді негіз тұқым тазалығында екенін айта отырып, оның бірлесе дамытудың мүмкіндігі зор екеніне жан-жақты тоқталды.

С. БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ.
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ■ №2 (17698) Сенбі, 5 қаңтар, 2013 жыл ■ e-mail: Jetisu2002@mail.ru www. zhetysu-smi.kz ■ Бағасы келісімді

ГҮЛДАЛА:
Бүгіні берекелі, келешегі кемел
4-бет

Дінде экстремизм жоқ
5-бет

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

АТҚАРЫЛҒАН АУҚЫМДЫ ІСТЕР

Облысы әкімі Ақсар МҰСАХАНОВТЫҢ тұрғындармен өткен есепті кездесуінде айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы АҚПАРАТ

Облыс әкімінің 2012 жылы тұрғындармен өткен есепті кездесуінде айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 12 ұсыныстың барлығы орындалды.

Іле ауданының Жетіген ауылындағы 220 орындық орта мектептің құрылысы.

Нысанның құрылысы 2012 жылдың 17 мамырында басталып, аяқталу мерзімі 2013 жылдың 15 маусымына белгіленген. Нысанның құрылыс-монтаж жұмыстарына жалпы 446,047 млн.теңге қаралтырылған. Соның ішінде 2012 жылға қаралтырылған 100 млн. теңге толығымен игерілді. Мердігер – «Игілік К» ЖШС.

Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылындағы жаңа перзентхана салу.



Ұзынағаш ауылындағы, жалпы құны – 3 133,3 млн. теңгеге құрайтын, 60 төсек-орындық перзентхананың құрылыс жобасы бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 20 қазандағы білім беру және денсаулық сақтау нысандарын оңтайландыру туралы хаттамасын орындау мақсатында бұрын дайындалған жұмыс жобасы қайта қаралуда.

2012 жылдың 10 тамызында оңтайландыру құны 58,081 млн. теңгені құрайтын жобалық-сметалық құжатты әзірлеу үшін «Ақмола» ЖШС-мен №96/08-12 келісімшарты жасалған.

Келісімшартқа сәйкес жұмыстарды орындау 2013 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған.

Қаратал ауданының Қызылжар ауылындағы жаңа мектептің құрылысы.

Қызылжар ауылындағы 180 орынды орта мектептің құрылысы 2012 жылдың қыркүйек айында басталып, 2013 жылдың маусым айында аяқталу жоспарланған. Құрылыстың жалпы сметалық құны – 441,482 млн. теңге 2012 жылға қаралтырылған 50 млн. теңге толығымен игерілді. Мердігер – «Фирма «Архстрой» ЖШС.

Еңбекшіқазақ ауданының Қайназар ауылындағы Мәдениет үйін жөндеу.



Мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстары 2012 жылдың мамыр айында басталып, желтоқсан айында толығымен аяқталды. Республикалық бюджеттен бөлінген 89,2 млн. теңге толығымен игерілді. Мердігер – «Альтаир» ЖШС.

Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылындағы көпқабатты үйлердің жөндеу жұмыстары.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту» бағдарламасының аясында 2012 жылы Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылында 2 көпқабатты үйлерге жалпы сомасы 10,3 млн. теңгеге (Сүйінбай көшесіндегі №18-үй және Сәтпаев көшесіндегі №64 үй) жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Балқаш ауданының Бақанас ауылындағы мал қорымын жайластыру.

Мал қорымын жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті бюджет есебінен 1,4 млн. теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары толығымен аяқталған.

Кербұлақ ауданының Қоғалы ауылындағы жолларды жөндеу.

«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында Қоғалы ауылындағы жолдарды жөндеуге республикалық бюджеттен 15 млн. теңге бөлініп, 5750 шаршы метр жол ағымдағы жөндеуден өткізілді. Мердігер – «БНН Инжиниринг» ЖШС.



Үйғыр ауданының Шарын ауылының 0-19 км. кірме жолына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Шарын ауылының 0-19 км кірме жолына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін облыстық бюджеттен 30 млн. теңге қаржы бөлінді. Аталған жөндеу жұмыстары 2012 жылдың мамыр айында басталып, шілде айында аяқталды. Мердігер – «Алматы жолдары» ЖШС.

Талдықорған қаласындағы «Басқуат» қазандығын қайта жаңарту және кеңейту.

Қазіргі уақытта, «Казахский Сантехпроект» ЖШС-і жаңа күш қуатын енгізу есебімен 2015 жылға және 2030 жылға дейінгі қаланың жылумен қамтамасыз ету жүйелерін дамыту жөніндегі сызбаны дайындау үстінде. Осы кәсіпорын «Басқуат» қазандығының құрылысы, қайта жаңғырту мен кеңейту мақсатында техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуде. 2013 жылы аталған нысанның жобалау-сметалық құжаттамасын дайындау, ал 2014 жылы «Басқуат» қазандығының құрылысы, қайта жаңғырту мен кеңейту жұмыстарын бастау жоспарланған.

Алакөл ауданындағы «ВМК-2» және «ВМК-4» магистральді су каналдарды жөндеу.

«ВМК-2» және «ВМК-4» магистральды су каналдардың жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 180 млн. теңге бөлінді. Жөндеу жұмыстары толығымен үстіміздегі жылдың қараша айында аяқталды.

Қарасай ауданының Алгабас ауылындағы электр желілерін қайта құру.

Қарасай ауданы тұрғындарын сапалы электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында «КазСельЭнергоПроект» институты жалпы құны 4,8 млрд. теңгені құрайтын «Қасқелең қаласында «220 кВ ЭБЖ бар 220/110/10 кВ «Қасқелең» шағын станциясын салу» жұмыс жобасын әзірледі. 2012 жылдың 13 ақпанында мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынып, республикалық бюджеттен бөлінген 1 млрд. теңгеге электр желілерінің құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Көксу ауданы, Мұқыры ауылының тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету.

«Ақбұлақ» бағдарламасын іске асыру аясында 2012 жылы Мұқыры ауылында ауызсумен қамтамасыз ету жүйелерін салу және қайта жаңарту үшін облыстық бюджеттен 129,7 млн. теңге бөлінді. Нысанның құрылысы өткен жылдың желтоқсан айында толық көлемде аяқталып, ауызсу жүйесі іске қосылды. Мердігер – «Гәкку Құрылыс» ЖШС.

ШЫРША ШЫРАЙЫ

ҮЛКЕН ҮМІТ, АСҚАҚ АРМАН

Қазақ халқы ежелден берекесі мен мерейін өсіріп, мерекесімен өз қуанышын бөлісуді қалыс қалдырып көрмеген. Сондықтан дарқандығы, кеңдігі, кемеңгерлігімен әлемге аты мен атағын паш өткен. Биыл да Алтайдан Атырауға, Астанадан шалғай ауылдарға дейінгі қазақ жерінің түргындары жылан жылын қызу мереймен қарсы алды. Сол күні Талдықорған қаласының орталық алаңына жиналған қауым өте көп болды. Ақсақал да, орта буын өкілі де, жалындаған жастар да, табиғатқа қызыға, құштарлана қарайтын жас өскін де осы кештің қуанышын көлдей көңілімен бөлісті. Әсем безендірілген шырша көрінісі, Жаңа жылға арналған жүрекжарды арнау сөздер, кештің жүргізушісі Аяз ата мен Ақша қар, әр түрлі жанжануардың бейнесіне енген балалар кештің сәнін тіптен қыздырды.



Қажет АНДАС
"Жетісу"

Әрине, өткен жылға өкпе жоқ. Ел өмірі, тұрғындар тіршілігі тың да, табысты жетістіктермен өрілді. Айталық, қаңтардан бастап Қазақстанда біртұтас экономикалық кеңістік іске кірісті. Ақпан айында Елордамыз Астана түркі әлемінің мәдени Астанасы болып жарияланса, наурызда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының парламетаралық Ассамблеясының 20 жылдығы аталып өтті. Сәуір айында Қазақстан дипломатиясына 20 жыл толды. Мамыр айында Астана қаласында «Ашаршылық құрбандарының ескерткіш монументі» ашылып, Астана экономикалық форумы өтті. Шілдеде Астана қаласының мерекелік күнін атап өткен жерлестеріміз тамызда Лондон қаласында өткен XXX жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан спортшыларының жеңісіне куә болды. Қыркүйекте Елбасының Жарлығымен тұңғыш рет осы айдың соңғы жексенбісі мәдениет қызметкерлерінің күні болып белгіленіп, қазан айы талдықорғандықтар үшін қала күнін тойлаумен есте қалды. Қарашада әлемнің 160-тан астам мемлекеті мүше халықаралық көрмелер бюросы Бас Ассамблеясының Париж қаласында өткен кезекті сессиясында Астана қаласының абыройы асқақтап, «EXPO – 2017» көрмесін өткізу мәртебесіне қол жеткізді. Ал Желтоқсан айында бірінші рет Тұңғыш Президент күнін тойладық. Міне, осындай жетістікпен өрілген ұлу жылына жұрттың ықыласы мол, ризашылығы басым болды. Ал осы жетістіктер желісін жалғап, 2050 жылға дара бағыт, дана қолтаңбасымен баруды жоспарлаған облыс тұрғындары Жаңа жылды үлкен үміт, биік арманмен қарсы алды. Бұны орталық алаңдағы салтанатты кештен де байқадық. Орталық алаң арнайы мерекеге сай безендірілген. Алаң ортасындағы биік шырша әр алуан шамшырақтарға малынған. Сахна үстіне бірнеше жерден шоғырландыра қойылған жасанды шыршалар және үрмелі шардан бейнеленген Аяз Ата, Ақшақар бар. Осымен бірге, көрініс барысында сахна үстіне әр беру үшін түрлі-түсті жарықтар қойылған. Алаңның оң қанатында сауда орындары орналасқан. Әр қанаттағы орын өз алдына ертегілер қалашығына айналғандай, бірі мұзды, қарлы өлкені, екіншісі қысқы тоғай патшалығын бейнелейді.

Салтанатты кешті қала әкімі **Ермек АЛПЫСОВ** құттықтау сөз сөйлеп, өткен жылда қол жеткізген қомақты нәтижелерді тілге тиек етіп, 2013 жылдың да берекелі болатындығын, тұрғындарға жаңа табыстар беретіндігіне сенім білдірді. Осыдан соң балаларға мерекелік сыйлықтар табыс еткен облыс, қала басшылары олармен қол ұстаса биге шықты. Бұл алқалы топты тіптен жадыратып, шаттыққа бөледі. Ары қарай «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің өнерпаздары, «Улыбка» үлгілі эстрадалық студиясының бишілерінің әсем ән, әсерлі би, әртүрлі қойылымдар, ойындармен жалғасқан мереке көрігі қыза түсті.

ҚЫС ҚАҺАРЫ

САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ

Қыс қаһарына мінген тұста облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің құтқару қызметінің жұмысы күрт артуда. Былтыр қараша айынан бастап, бүгінгі күнге дейін департаменттің шұғыл әрекет тобы 40 рет жолға шығып, Ақсу, Кербұлақ, Еңбекшіқазақ, Ескелді аудандарында қар құрсауында қалған 274 көлікті құтқарған. Көліктердегі жан саны 782 адамды құраған. Абырой болғанда жолаушылардың бәрі дін аман. Дегенмен бұл дерек тұрғындардың өзі және өзге адамдардың өміріне қауіп төндіретіндігіне қарамастан, қажетсіз төтенекелге баратындығын аңғартады.



Ел арасында «сақтансаң, сақтайды» деген мәтел көп тарағанымен, даналыққа құлақ асар жан табылар емес. Бұл сөзді төмендегі дәлелдер куәттағандай. Жаңа жыл қарсаңында ауа райының қолайсыздығына қарамастан алыстағы ағайынды аралап, мерекемен құттықтаймын деп шыққан бір топ жолаушы өткен айдың 29-ы күні Үшарал – Достық тас жолының «Ырғайты» учаскесінде омбы қарда қалып қойған. Бұл туралы ақпарат алысымен, Алакөл аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің құтқару қызметкерлері жұмысына кірісіп, қар құрсауында қалған азаматтарға көмекке келеді. Оқиға орнында жеті жүк көлігі мен бір жеңіл көліктегі жолаушыларға көмек көрсетілді. Бұл тұста желдің жылдамдығы секундына 24 м-ге дейін жеткен. Ең қызығы жүк көлігіндегілер құтқарушылардың көмегінен бас тартып, мұны көліктегі тауарға өздері жауапты екендігімен түсіндірген. Сонда өз өміріне кім жауап бермек?!

Ұлу жылының соңғы күні осыған ұқсас оқиға Еңбекшіқазақ ауданында орын алды. Аудандық төтенше жағдайлар бөліміне Шелек – Қаражота тас жолында көліктер қардан шыға алмай жатыр деген хабар жетісімен, жұмыс тобы жолға шыққан. Бұл жолы қар құрсауында 10 көлік қалып, 46 жолаушыға көмек көрсетілген. Дәл осы күні Кербұлақ ауданында Сарыөзек – Жаркент тас жолында құтқару қызметі 8 көлікті қар құрсауынан босатып, отыз адамның өмірін арашалап қалды.

«Сақтықта қорлық жоқ» деген атам қазақ. Қыстығүні жолға шығар алдында ауа райы мәліметіне назар аударып, жергілікті төтенше жағдайлар құрылымына қоңырау шалып, мамандардың сөзіне құлақ асқан жөн.

ЖҮРГІЗУШІЛЕР МЕН ЖОЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!
Егер қар құрсауында қалып қойсаңыз, уақыт оздырмай 112 нөміріне қоңырау шалып, көмек сұраңыз.

ДЕМОГРАФИЯ

Сәбилер көбейсін!

Бүгінде ел экономикасы көтеріліп, тұрмыс-тіршілік түзелген сайын, демографиялық ахуал жақсарып, туу көрсеткіші жоғарылап келетіндігі байқалады. Әрине, қиындықтан қорықпай, болашаққа сенімділікпен қарайтын қыз-келіншектер тәуекелге бел буып, өмірге сәби әкелуге бұрынғыдай емес, батыл қадам жасай бастағаны бәріміз үшін қуанарлық. Осылайша «бір бала дүниеге келсе, бір түп жусан артық шығады» деген тәмсіл сөзді өтеп шығармаған аналар халық санын көбейтуге үлес қосу үстінде.



Айгүл БАЙБОСЫНОВА
"Жетісу"

Облыстық перинаталдық орталығының бас дәрігері Гүлнәр Кертаеваның айтуына қарағанда, жыл өткен сайын бала туу көрсеткіші жоғарылап келетін көрінеді. Мәселен, алдыңғы жылы төрт мыңнан астам сәби дүние есігін ашса, былтыр бұл көрсеткіш бес мыңнан асқан. Ал, Жаңа жыл қарсаңында, яғни, дәл 31-і күні осы орталықта он алты бала туылыпты. Ал, облыстық перинаталдық орталығының босанудан кейінгі бөлім меңгерушісі Ақмарал Темірбаева болса, өткен жылдармен салыстырғанда ана денсаулығының жақсарып, дүниеге дені сау баланың көптеп келіп жатқандығын сөз етті. Жалпы, бұл орталық негізінен Талдықорған өңірінде орналасқан аудан, қалаларды қамтиды. Сондайақ, бұл жерде халық санын көбейтуге атсалысып жатқан көпбалалы аналар да бар. Соның бірі деп бесінші баланы дүниеге әкелін жатқан Қабылқан Күлпін есімді келіншекті айтуға болады.

– Баламды дәл 31-і күні босандым. Өзімнің де, ұлымның да денсаулығы жаман емес. Салмағы бес келі болып туылды. Есімін Жамбыл деп қойдым. Бұл жерде біз үшін ыңғайлы жағдайдың барлығы қарастырылған, күн-түн демей зыр жүгіріп жүрген дәрігерлерге көп рахмет. «Балалы үй базар, баласыз үй мазар» деп халқымыз бекер айтпаса керек. Сондықтан жастарға айтарым, жағдайың болып, денсаулығың жақсы болып тұрса, неге тумаска дегім келеді.

Сонымен бірге мұндағы дәрігерлер қыздарға қарағанда, ұлдардың өмірге келу деңгейінің жоғарылап келетіндігін айтады. Мәселен, бір қыз балаға үш ұлдан айналуда. Бүгінде әйелдердің саны ерлерден біршама көп екені рас. Сондықтан ел қорғаушылар санының артып келетіндігі біз үшін үлкен қуаныш.

Суретті түсірген А. КАЖЕКЕ.

Құттықтаймыз!



Райымбек ауданы, Текес ауылында тұратын досымыз **Нұрлан ЖАПЕЛҰЛЫ** ақпанның 28 жұлдызында 60 жаска толып отыр. Досымызды осы туған күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, балаларының, немерелерінің қызығын көріп, бақытты ғұмыр кешуіне тілектестігімізді білдіреміз.

Сан түсіп тағдыр-тартысқа,
Жеңілдің, жеңдің әр түсте.
Аңдамай келіп қалдың ба,
Ағаның жасы – алпысқа.

Ашылып алдан жол – дана,
Айбының тасқын артында.
Денсаулық, бақыт, қуаныш...
Біздерден тілек сол ғана!

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: бала кезден бірге өскен достары және әкімі.

● *Білім шаңырағында*

Әліппеге мың алқыс

Есікөл Берікөзінулы атындағы №11 орта мектепте «Әліппе, сенен мың алқыс» атты сыныптан тыс тәрбие сағаты өтті. Төрт-бес ай оқып, әріптерді меңгеріп, оқу мен жазуға үйренген кішкентай бүлдіршіндердің талабы қонға қунпшты.

Балықшыдардың осынау сәтті қадамдарына қуәгер болған ата-аналардың да қуанышында шек болмады. Тәрбие сағатында оқушылар сынып жетекшісінен алған білімдерін «Әріп сыры» атты көрініс арқылы ашып берді. Онда:

Алфавиттің «А» әрпін басында,
«А» деген оа анадан ғой салмақты.
Әрқашанда «Ә» әрпі қасында,
«Ә» деген сә әкелер ғой салмақты», – деп әр әріптің өзіндік ақиқаты бар екендігін көрсетті.

Болашағынан мол үміт күптірер балықдар әріптердің сырына терең бойлап қана қоймай, өнерлерін орнала салып, ән айтып, би биледі. Әсіресе, Тлеубалды Дәнияның орындаған «Анашым» әнін ана-тәр жаны қабылдасқ, мың бұрын қалақ бәйі билемен қыздардың да өнеріне көпшілік тамсаңа қол соқты. Канеш Мәдидің орындауындағы «Көк шудың жезбірезең» әні де барлаңың көңілінен шықты.

Мектеп директоры К. Сарқынов бүлдіршіндердің білім жолындағы алғашқы қадамдарын сәттілік тіледі. Ата-аналар балаларына қалың үстаным, әріп танығын бастауын сынып жетекшісі Эльмира Орабаевнаға алғысын білдірді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

● *Есепті кездесу*

Ауқымды нәтиже, жүйелі жоспар

Әбетте, өзге саланың бәрін сапмен өлшеп, сапамен көрсетуге болатын шығар. Бірақ, мәдениет саласы үшін бұл жеткіліксіз сияқтады. Себебі, әлемдегі әр мемлекет, әр ұлт, айта берсек әр өңірді бір-бірінен ажыратып көрсететін сол өңірдегі адамдардың мәдениет деңгейінің жоғары-төмендігі. Ендеше, біздің мәдениет қандай деңгейде?

Қажет АЙДАС
"Жетісу"

Қаранайым тілмен айтқанда өзгерістің жақсы тарапынан қандай бағдарламалар, қамқорлықтар жасалып жатыр? Ұлысымызды қоя тұрып осы облысымыздағы мәдени ахуалға бір тоқталып көрсек. Бүгінгі таңда облысымызда мемлекеттік жүйедегі 528 мәдениет мекемесі тұрғындарға қызмет көрсетеді. Десе де, олардың мәдени өмірімізді қаншалықты деңгейде байытып жатқанын бағдарлау қиын емес. Мұны Достық үйінде басқосқан мәдениет саласы өкілдерінің 2012 жылы атқарылған іс-шараларды қорытындылап, ағымдағы жылы алға қойылған міндеттермен таныскан жиналыс барысында біздік. Оған аудандар мен қаладағы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің өкілдері қатысты. Жиналысты облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет ЕСДӘУЛЕТОВ ашып, жүргізіп отырды.

Жиналыста екі мәселе қаралды. Алдымен мінберге көтерілген басқарма бастығы баяндама жасап, көпшілікті өткен жылы атқарылған жұмыстар жайымен таныстырып өтті. Баяндамадан білгеніміздей, өткен жылы мәдениет мекемелерін қаржыландыруға 4570922 мың теңге бөлінген. Ал материалдық-техникалық базасын нығайтуға 234,6 млн. теңге қарастырылып, жаңадан дыбыс күшейткіш аппаратуралар, музыкалық аспаптар, автокөлік сатып алынып, эртістерге арнайы киім тіктірілген. Сондай-ақ, республикалық және жергілікті бюджеттен 1694073 мың. теңге бөлініп, жиырмаға жуық мәдениет мекемесінің ғимараты күрделі және ағымдағы жөндеуден өткен. Мұның ішінде Кеген тарихи-өлкетану музейі мен Қарақыстақ ауылдық Мәдениет үйінің жаңадан салынғанын айта кеткен жөн.

Расында даламыздағы құмбезін күн шалған ғажайып ғимараттар, сән-салтанатқа бөленген сырлы сарайлар, биік тұғырларда орнатылған алып ескерткіштер, таңғажайып жазбалар, сырлы суреттер ата-бабалар парасатының жарқын үлгісі. Бұл үрдіс бүгінде өз маңызын жоғалтпай, жалғасын табуда. Басқасын айтпағанның өзінде, бүгінде өміріміздің қырықтан астам ескерткіш бой көтеріп, ұрпаққа патриоттық тәрбие беру бастауына айналды.

Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында соңғы екі жылда ауылдардағы мәдениет мекемелерінің ескісі жаңарып, орны тана қалғандары қайта бой көтере бастады. Өткен жылы Көксу ауданындағы Талапты, Айнабұлақ, Алғабас ауылдарының, Талғар ауданы, Қызылқайрат ауылының Мәдениет үйі ашылып, тұрғындарға қызмет көрсете бастаған. Ал іргесін Дәнеш Рақышев қалап, бүгінде өшкен оты қайта жанған Панфилов ауданындағы Д. Рақышев атындағы халық театрының сахнасы әртістер үшін болашаққа бағдар алды. Ал жан дүниеңді тазалап, рухыңды оятатын, бірде ауыртып, бірде емдеп алатын құтты шаңырақ Б. Римова атындағы облыстық театрдың көш керуені ел мен жұртты сүйіндіріп келеді. Сондай-ақ, рухани, мәдени құндылықтарды пасихаттап, жалпақ жұртқа жария етуде Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның алар орны ерекше. Қай қырынан келсек те, кос ұжымның өткен жылы жеткен жетістігі көпіл қуантады. Саймен келтірмесек те, көзі қарақты оқырманның көпілімен сезінір жүргені анық.

Тағы бір жағынан, «Аудандардың мәдениет күндерін» өткізу дәстүрге айналды. Міне, алтыншы жыл қатарынан өткен игі шараның ұлттық мәдениетті насихаттаудағы, жас дарындардың танылуындағы, «Ағайын тату болса ас көп» дейтін қағиданы тереңдетудегі ролі орасан зор болды. Осындай игілікті істің басы-қасында жүрген облыстық халық шығармашылық орталығы ағымдағы жылы бекітілген жоспар бойынша біршама мәдени-көпшілік шараны өткарды. Әсіресе аудан, қалалардың мәдениет күндерін өткізуде жоғары белсенділік танытты.

Осы ретте, жаңа шыққан туындыны оқырмандарына дер кезінде таныстырып, оның ел арасына таралуына дем беріп жүрген облыс кітапханашыларының жеткен жетістігін де тізе кеткен жөн шығар. Өткен жылы Ақсу ауданы Қопа ауылдық, Балқаш ауданы Миялы ауылдық, Ескелді ауданы Елтай және Жастар ауылдық, Карасай ауданы Алмалыбақ ауылдық, Кербұлақ ауданы Сарыбастау ауылдық, Көксу ауданы Айнабұлақ, Көксу ауылдық, Сарқан ауданы Черкасск, Шатырбай ауылдық, Талғар ауданы Түздыбастау, Гүлдала ауылдық кітапханалары ашылып, оқырманға қызмет көрсете бастады. Мұның өзі облыстық мәдениет басқармасы және кітапханашылар үшін тың жетістік деуге болады. Облысымыздағы кітапханаларды қызмет көрсету ауқымы электронды ресурстармен толығуда. Біркатар аудандық, қалалық кітапхана интернет желісіне қосылып, кітапхана ісі КАБИС бағдарламасымен жұмыс істейді. Бұл өзге облыстармен салыстырғанда алдыңғы орында тұратын жағдай деуге болады. Әрине, өткен жылғы жетістікпен қатар, сала қызметкерлері санасына түйе жүретін кемшіліктерді де қағыс қалдырмады.

Осымен бәрін жіпке тізіп шықтық деп алмаймыз, әйтсе де, облыстық жиындық барапында Елбасының бастамасын қолдап, өз өңірімізгегі мәдени ахуалдың жақсаруына деген жанашырлық пен қамқорлықтың бір парасын осы мақалаға сидыра алдық деуге болады. Айтпақшы, мәдениет басқармасының алдағы уақыттағы жұмыстары да ауқымды. Сол қатарда ҚСРО халық әртісі, ұлы композитор Мұқан Төлебаевтің 100 жылдық тойын атап өтуді жоспарға енгізген.

Аткарылған жұмыс ауқымын ұғындырып, алдағы жоспарларымен таныстырып өткен салиалы жиналыстың соңында біркатар мәдениет қызметкерлері облыстық мәслихаттың және мәдениет басқармасының Алғыс хатымен марапатталды. Әлбетте, мемлекет қонл болсе ағысын таппас арна жоқ. Ендеше, облыс бойынша мәдени, рухани қазынаны қойнына басқан ордалардың бәрі іргесін мықтап, жоғы қабырғасын қайта қалайды деп сенім артуға толықтай негіз бар.

● *Жағымды жаңалық*

Жыр алыбына арналды

Жыр алыбы – Жамбыл Жабаевтың туған күнін атап өтуді жыл сайынғы игі дәстүрге айналдырған республикалық кітап музейінде биыл халық поэзиясының асқар шыңы Жамбыл бабамыздың туғанына – 167 жыл толуына орай «Жамбыл – әлемдік ақын» атты көрме ұйымдастырылды.

Әлем поэзиясының дүлдүл деген атаққа не болған ақын бабамыздың ақындық дүниесі өз алдына, даналығы, гибраты – халқы үшін айырықша қазына. Жамбылдың тарихи-этникалық жырларын, философиялық, лирикалық, сатиралық өлеңдерін тамсанбай оқу мүмкін емес. Жамбыл – шығармашылығын тек Қазақстанда ғана емес бүкіл әлем жұртшылығы тамсана оқитын әлемдік ақын.

Көрмеге кітап музейінің қорында сақталып келе жатқан ақынның кітаптары, фотосуреттер, ол туралы естеліктер, құжаттар және кітаптар қойылған. Атап айтсақ, М. Жолдасбековтың «Асыл сөздің атасы» (зерттеулер)», Таңдамалы 2 томдық шығармалары, Я. Аманджоловтың «Жамбыл өнер әлемінде», «Жамбыл жырлайды» музыкалық-этнографиялық жинағы, Ақан Өбдуалиевтің «Жетісу ақындарының жыр сарындары», Үмбетәлі Көрібаевтың 2009 жылы жарық көрген 2 томдығы, Ш. Сәрсеваның «Жамбыл төлімі», А. Тебегеновтың «Жамбыл шығармаларына жаңаша көзқарас: ұлттық сипат және дәстүр жалғастығы», Н. Төрекұловтың «Жамбыл – менің жай атым», Н. Луппиковаңың «Қазақтың бір қызымын», С. Садырбайұлының «Фольклор және Жамбыл», Л. Степановаңың құрастырушымен жарық көрген «Я – тополь столетний» жинағы және тағы басқа кітаптар. Осы күнді дүниелер туралы жиналған қонақтарға кеңінен музейдің аға ғылыми қызметкері Сәуле Керімбайқызы өңгімелеп, жекежеке таныстырып өтті.

Ақынның жасы тоқсаңа талған немересі Әлімқұл Жамбылов, шөбересі Бекмұрат Жамбылов, сонымен қатар, жамбылтанушы ғалымдар, өнші, термешілер, жазушылар кеш қонағы болды. Әбай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Темірхан Тебегенов, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, жазушы, әдебиеттанушы Нұрдәулет Ақын, Қарасай ауданы әкімінің орынбасары Ұлтай Барқынова, экономика ғылымдарының докторы Ерман Жатқанбаев, философ, аудармашы, халықаралық «Диалог Еуразия» платформасының Қазақстандағы өкілі Мәлік Өтарбаев, жазушы Мамытбек Қалдыбай және тағы да басқа зиялы қауым өкілдері ақын мұрасын насихаттау жайлы өз ой-пікірін айтты. Кеш барысында күмбірлеген домбыра үнімен күйші Талап Қараш қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлап, халық сүйіп тыңдайтын бірнеше күйді орындап берді. Республикалық кітап музейінің директоры, Жамбылдың бай мұрасын зерттеп жүрген жамбылтанушы, жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы жиналған қауымға рәсімет айтып, алдағы уақытта жоспарда тұрған өзекті мәселелермен таныстырып өтті.

Гүлжанат ӘШМОВА,
республикалық кітап музейінің аға ғылыми қызметкері.

● *Жандауа*

Қауіпті дертпен қоғамдық күрес



Бүкіл дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) шешімімен неміс ғалымы Роберт Кохтың туберкулез қоздырғышын ашқан күні атап өтіледі. Ал 1993 жылдың 24 наурызы бүкіл дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні деп жарияланды.

Туберкулез қоғамдық денсаулық сақтау кәнің аса зор ауқымды мәселесі болып қалып отыр. Әлемде **жыл сайын туберкулезбен 8,5 миллионнан астам адам науқастанып жатады және одан 1,4 млн адам көз жұмады.** ДДҰ болжамы бойынша, туберкулез жақын арадағы 10 жылда әлемдегі сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің негізгі он себептерінің бірі болып қалмақ. Әлемде әрбір секундта бір адам туберкулез микробактерияларын жұқтырып алып жатады. Сондай-ақ, әрбір 4 секундта бір жан туберкулезбен ауырып, әрбір 10 секундта туберкулезден көз жұмады. Туберкулез микробактерияларын жұқтырып алған адамдардың 5-10% өмірінің бір кезеңінде туберкулездің қандай да бір түрімен ауырады немесе жұқпа көзіне айналады. Қазіргі кезде туберкулездің дәріге төзімді түрі адамзатқа жаңандық қауіп төндіруде. Дәріге төзімді туберкулез дегеніміз туберкулез таяқшаларының кемінде изониазид және рифампицин немесе одан да көп туберкулезге қарсы дәрілерине төзімділігі. Алматы облысы бойынша жылына 1,5 мыңға жуық адам туберкулезбен ауырады. Жыл сайын 24 наурыз күні әлемдік жұртшылық дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күнін өткізеді. Бұл шараға ҚР ДСМ Алматы облысы бойынша департаменті де белсенді қатысады.

Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні мен айлықтың ұраны – «Мен тірі кезімде туберкулезді тоқтатыңыздар!».

Үстіміздегі жылғы дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні мен айлықтың мақсаты:

Туберкулез мәселесі бойынша халықты ақпараттандыруды арттыру және уақытылы медициналық көмекке жүгіну.

Сапауатты өмір салтын насихаттау, әсіресе, жасөспірімдер мен жастар арасында.

Туберкулез бойынша өзекті мәселеге көзқарасты өзгерту мақсатында қоғамды осы мәселеге тарту. Қазақстан Республикасындағы туберкулез жөніндегі ахуалды жақсарту үшін жастардың күшін жұмылдыру.

ҚР ДСМ Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті, облыстық денсаулық сақтау басқармасы, салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы, туберкулезге қарсы күрес диспансері мекемелері бірлесе отырып, «Облыста 2013 жылғы 23 ақпаннан 23 наурызға дейін туберкулездің алдын алу шараларын насихаттаудың және дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні аясында жүргізілетін іс-шаралардың жоспарын» жасаған болатын.

Айлық аясында жоспарда облыс бойынша медициналық қызметкерлер арасында өйелдер консультациясы, перзентхана, балалар емханаларында жүктілік алдындағы міндетті медициналық және босанған соңғы кезеңде тексеру жеңінде, жаңа туылған нәрестелерді алғашқы 1-4 күн ішінде міндетті егу туралы тақырыбында семинар өткізу көзделген. Жоғары оқу орындарында және колледждерде студенттер арасында профессорлар мен мұғалімдердің және басқа да мүдделі азаматтардың қатысуымен ғылыми конференция, «дәнүлем үстелдер», пікірсайыс, жарыссездер және басқа да шаралар өткізілмекіе. Медициналық колледж студенттерін туберкулездің алдын алу салауатты өмір салтын қалыптастыру шаралары бойынша оқытып, олардың жастар арасында ақпараттандыру жұмыстарын «тең-теңімен» қағидасымен волонтерлерді жұмысқа тарту жоспарлануда. Сондай-ақ, айлық соңында атқарылған жұмыстарды қорытындылау мақсатында конференция өткізу жоспарланған.

Ағзаның иммунды жүйесінің әлсіреуіне мынадай факторлар әсер етеді:

– *жеткіліксіз немесе құнарсыз тамақтану;*
– *ұнатты заттар пайдалану (шылым, алкоголь, есірткі);*
– *қосарлана жүретін аурулар (АҚТҚ (ВИЧ) жұқтырып алу, қант диабеті, асқазан, аш ішектің жарасы аурулары, ұзақ уақыт гормоналды препарат қабылдау және т.б.);*
– *стресс, (стресс пен депрессияның иммунды жүйеге кері әсер ететін дәлелденген)*

Алғашқы белгілері:

– *2 аптадан аса жөтелдің мазалауы, қан түкіру;*
– *түнгі уақыттағы терлеңдеу дене қызуының көтерілуі;*
– *әлсіздік;*
– *тәбеттің, салмақтың төмендеуі;*
– *кеуде тұсының ауруы, т.б.*

Туберкулез ауруының таралу ерекшеліктері мен оның белгілерін әрбір адам, әрбір отбасы білуі қажет, себебі дер кезінде қабылданған шаралар тек инфекцияның таралуын ғана емес, сонымен бірге аурудың дамуын тоқтата алады.

Е. СЫДЫМАНОВ,
ҚР ДСМ МСЭҚК Алматы облысы бойынша департамент директоры.

Анықтау жолдары:

Жөтел 2 аптадан аса созылған кезде медициналық көмекке жүгініп, микроскопия әдісімен туберкулездің микобактерияларын анықтау үшін қақырықты үш мәрте өткізу керек. Жыл сайынғы флюорографиялық тексеру – өкпе туберкулезі мен басқа да кеуде қуысы ағзаларының ауруларын анықтайтын сенімді және қауіпсіз әдіс. Сонымен қатар, жүйелі түрде тексеруден өту арқылы дертті уақытылы анықтап, айналадағы адамдардың ауруға шалдығуының алдын алуға болады.

Мемлекеттік ұйымдармен атқарылып жатқан кешенді шараларға қарамастан, адамдардың өз денсаулығына немқұрайдылықпен қарау жағдайлары кездесуде. Халықаралық тәжірибе туберкулезбен күрес қоғамның барлық күштері біріктірілгенде ғана сәтті болатынын көрсетеді. Сондықтан аталмыш ауырмен күреске мемлекеттердің, дәрігерлік және аламаттық институттардың, сонымен қатар, әлемдегі барлық елдер халықының күш-жігерлері біріктірілуі қажет.

● *Турнир*

Жуырда Талғар қаласындағы Д. Қонаев атындағы зақ колледжінде облыстық деңгейде баскетболдан турнир өтті.

Баскетболдан өткен бәсеке

Үлбосын ИСАБЕК
"Жетісу"

Арыңды Ақсу ауданында туып-өскен және туған жеріңе ауыл шаруашылығы сапасын еркендетуге табаны күректей 30 жылдан аса уақыт, кейін келе Талғар ауданында 14 жыл бойы қызмет етіп келе жатқан аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы, осы салаңың білікті де білгір маманы Қалимолда Байболовтың 63 жасқа толу құрметіне орай ұйымдастырылған бұл турнирге Алматы және Талдықорған қаласымен қатар, Ақсу, Еңбекшіқазақ, Сарқан, Талғар аудандарынан келген 6 ерлер құрама командалары мен 2 әйелдер командасы қатысып, өзара жарыс көргін қыздырды.

Турнирдің ашылу салтанатына арнайы атбасын бұрған облыстық, туризм, спорт және дене шынықтыру басқармасының бастығы Мұрат Тұрсынбаев, аудан әкімі Райхан Садықова, аудандық мәслихаттың төрағасы Дәнеберек Төберков, Еңбек Ері Ыдырыс Өбдүлов, ауданның Құрметті азаматтары Самат Сарипов, Жанат Бойкенов, Нұрсұлық Сарғожаевтар қатысты.

– Бүгінгі турнирдің өткізуіне мұрындық болып отырған Қалимолда Байболов ауыл шаруашылығы саласының тағы емес, спортқа жақын дағымен де ерекшеленетіндігін жақсы біреміз. Қолы қалт еткен сәттерде спорт залдан табылып, ағаларымыздың дос-жарандарымен баскетболдың керіп қыздыратын мықты спортшы екендігін әрқез мақтан тұтамыз. Өскелең ұрпаққа өнегелі өмір үлгі болғарлық, ағамыздың алдағы ғұмырының ұзақ, денінің сау болуына тілектестігімізді білдіреміз, – деген Мұрат Тұрсынбаев жарысқа қатысушы командаларға сәттілік тілей келіп, басқарма атынан турнир кесіне Құрмет грамотасын табыс етіп, жыңына шапан жапты.

Ал облыс әкімінің арнайы құттықтауын жеткізген аудан әкімі Райхан Садықова Қалимолда Байболовтың ел экономикасының дамуына қосқан ерен еңбегіне ерекше тоқталса келіп, туған күн қуанышымен құттықтап, отбасына замандық-саулық тіледі. Бұған қоса, Алматы облысының Құрметті азаматы атағын салтанатты түрде табыс етті. Дәл осы күні ауылшаруашылық саласының майталманы Талғар ауданының Құрметті азаматы атанып, абыройлы асқақтатты.

Жарыс соңында жеңімпаз командалар анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

Көксу ауданы, Балпық би кенті «Ауыл» базарындағы Адилова Алтынай Маратовнаның атына берілген ЖК «Алтынай» өзінің жабылатындығын хабарлайды.

Көксу ауданы, Балпық би кенті «Ауыл» базарындағы Абиева Марианна Жаксымбековнаның атына берілген ЖК «Абиева» өзінің жабылатындығын хабарлайды.

Көксу ауданы, Балпық би кенті «Ауыл» базарындағы Уразбекова Қарлығаш Тохтаровнаның атына берілген ЖК «Уразбекова» өзінің жабылатындығын хабарлайды.

Утерянный договор найма выданный от 15.02.03 на имя **Бердигулова М. А.** считать недействительным.

ЕСКЕ АЛУ



Осындайда «Дүние деген дөңгелек, адам оның пендесі» – деген шығыс ғұламасы айтқан тәмсілдің шынайылығына тағы да тәнті болады екенсің. Дәл осыдан бір жыл бұрын Ақсу ауданы Ойтоған ауылында тұрған, кішіге ага, қосағына адал жар, дос-жараның сыйлы, ортасында өнегесі мен ақылын айтып отыратын аскар таудай әкеміз **Расбек Нұралибекұлы** дүниеден озған еді.

Өмірден озу әрбір пендеге бұйырған. Уақыты келген күні кездейсоқ бір бұрышында жатқан жүрек – сағат шіркін соғуын тоқтатады екен. Дәл сол күні бізді басымыздағы жағдайды тілмен айтып жеткізу әсте болмас. Аспан қақ айырылып, биік шоғп, көл тәусылғандай күйге түскен едік. Кайран әке, бүкіл ғұмырыңды ұрпағыңды ел қатарлы жеткіздіріп, абыройлы, ел мақтаған азамат етіп тәрбиелеуге арнадың. Бірақ шаршағаныңды білдірмедің.

Әкеміз ақылшы, аскар тәуелсіз еді. «Оқысаңдар, өмірдегі барлық ізгі армандарына қол жеткізесіндер, ғылымның төрінен орын алысыңдар, дүниенің кітті білімдеғ деп бізді оқып-білім алуымыз үшін барлық жағдайы жасаған да өзінді еднді. Аз ғана жетістігіміз болса, төбеніз көкке жетіп, үлемі балаша қуаныш қалатынсыз. Ата-ана үшін көз алдындағы балаларының татулығынан артық сыгене жоқ шығар. Осы жолда ата-анамыз бізді эркашан ұйымшылдыққа, біріпкке тәрбиеледі. Бұл тұрғыда отбасындағы әке ролінің зор екенін, оның әрбір сөзінің құранның тілінде екенін бәріміз де түсіне өстік.

Анамыз Тұрымхан Оспанбекова екеуі жарасымды ғұмыр кешкен әкеміз ананың өмірде алатын орнының зор екенін, ананы үш мәрте Меккеге жаяу көтеріп барса да перзенттік парызын орындаудың мүмкін емеспгін үлемі бізге ұғындырған еді. Алысты жақын, жатты бауыр еткен әкеміз, құда мен құдағидың, күйеу мен келіннің көнілін тауып, отбасына, зулетіне сәулесін шашқан жаны ізгі жан болды. Бес парыздың бірі қажылыққа бару болса, әкеміз денсаулығының сыр бергеніне қарамастан кіші қажылыққа Түркістанға барып қайтқан еді.

Адам өзін төңірегіндегілерге сыйлату үшін, ең алдымен өзін жаттай сыйлау керек екендігін де әкеміз бізге қарапайым мысалмен түсіндіріп кетті. Ағасы Күнсбекпен өте тату, егіз қозыдай тең өсті. Ағасы өмірден өткен соң көнілі жабығып, кей сәтте терең ойға батып отырып қалатынды шығарды. Арада үш жыл өткенде ағасының артынан о дүниеге аттанып жүре берді. Біз бүтін отбасымыздың берекесі болған, зулетінің өмір-мектебіне айналған асқар тауымыз – әкеміздің сағымға айналған бейнесін сағына отырып, бұлттардың арасына кіріп, гайып болған газиз жанының жаны жұмақта, пейіште нұры шалқысын дейміз.

Алатаудың алыстаған сайын биіктей түсетіні сияқты, биік шыңға айналған әке рухына тағзым ете отырып, ана дүниенің де барлық жақсылығы сізге серік, үйкіңіз тыныш болсын дейміз.

Әке, біз сізді сағындық!

САҒЫНА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жұбайы, ұл-қыздары, немерелері, ағайын-туыстары.

Аскар таудай әкеміз **Жакудаев Бакытнұр Жакудаұлы** 55 жаска келген шағында кенеттен дүние салған еді. Отбасымыздың ұйытқысы, адал жар, қадірлі әкемізден о дүниелік болғанына 28 ақпанда 1 жыл болады. Ұлағатты ұстаз, білікті маман, еңбек еткен ортасына, ел-жұртына сыйлы, құрметті боға білген әкеміз жасаған да, асары да алда еді...



Амал қанша, өмірден ерте озып, ортамызды ойсырата кеткен әкеміздің қайғыра да сағына еске алып, Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат болсын деп дұға бағыштаудан басқа шарамыз жоқ.

Жан әке, жоқсың бүгін арамызда,
Өзің ең қуғанымыз, панамыз да.
Кәлдегін көздің жасын еске аламыз,
Әкеміз, мәңгі өшпейсің санамызда.

Тәңірім сабырды етіп сені жаратты,
Білімдіс-ау, сенделсі сол сыратты.
Көз жасымыз ерік бермсм сені ойлап,
Алла нәсіп етсін солдат жанаттты!

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жұбайы – Дарига, ұл-қыздары, бауырлары, күйеубаласы, немерелері – Ислам мен Имангали.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

Директор – бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді. Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қазқарасын білдірмейді. Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Балашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Айгүл БАЙБОСЫНОВА.

КӨЛЕМІ – 2 БАСПА ТАБАҚ. ТАПСЫРЫС – 308. ТАРАЛЫМЫ – 48 633. ИНДЕКСІ – 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс – 27-41-50 байланыс телефондарын бас редактордың орынбасарлары – 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы – 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – 24-36-07, уақыт және өлеуметтік мәселелер бөлімі – 24-32-43, білім және ғылым бөлімі – 24-30-57, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі – 24-29-82, жарнама бөлімі – 24-29-82 Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Ұшарапда – 2-12-57, Панфиловта – 9-12-27, Райымбекте – 2-22-05, Іледе – 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

КОНСТИТУЦИЯ – ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ!

Алматы облысының әкімі А. МҰСАХАНОВТЫҢ ҚР Конституциясы күнімен құттықтауы

Құрметті Алматы облысының тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата Заңымыз Қазақстан халқының бірлігін айғақтайтын, оның ерекшелігін, мақсаттары мен ұмтылыстарының, үкіл үміттерінің жүзеге асуына жол ашатын басты құжатқа айналды. Сондықтан да: «Елімізді, тарихымызды құрметтегендей Ата Заңға да құрметпен ұқыпты қарау бүгін бүтінгі парызымыз», – деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, Конституцияны әркайсымыз ардақ тұтамыз.

Барша қазақстандықтар секілді Жетісу өңірінің тұрғындары да Конституцияда белгіленген құқықтары мен міндеттерін сақтай отырып, Ата Заңға сәйкес ғұмыр кешуде. Сол себепті де тәуелсіз еліміздің тарихында Конституцияның 18 жылдығы жарқын, әрі айрықша мазмұндылығымен есте қалуы тиіс.

Осы мерекелі күні барлық обалы тұрғындарыңа шын жүректен ашық ақпан, зор денсаулық, мол бақыт және Қазақстанның гүлденуі жолындағы барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға сәттілік тілеймін!

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ■ №100 (17800) Бейсенбі, 29 тамыз , 2013 жыл ■ e-mail: Jetisu2002@mail.ru www. Zhetysu-smi.kz ■ Бағасы келісімді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Көпбалалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Үзінді

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Аяпова Сапаргүл	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Әлімжанова Күшан	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Бектемірова Нагүл Дәуенқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Величко Наталья Викторовна	– үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Дидичина Наталья Ивановна	– үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Замирбекова Дина Досанқызы	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Қабдолданова Алмагүл Болатқызы	– үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Қабен Мүткан	– үй шаруасында, Қонаев ауданы
Қалымбаева Айнұр Ырғабылқызы	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Мауқара Гүлсін	– үй шаруасында, Текелі қаласы
Сайфут Жақып	– үй шаруасында, Қонаев ауданы
Сарсенбаева Мәржан	– үй шаруасында, Текелі қаласы
Төлегенова Бибігүл Атабайқызы	– жеке қосшөер, Іле ауданы
Үстенбекова Гүлмира Әдетханқызы	– үй шаруасында, Райымбек ауданы.

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Абыкасова Айнагүл Қыргызгелдіқызы	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Адинова Кларям Назаровна	– үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Әлібаева Алтынай Аскарбекқызы	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Әукен Гарипа	– үй шаруасында, Қонсу ауданы
Байтекеева Гүлмайра Айтжанқызы	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Баратова Асият Түрсуновна	– үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Беделбекова Галия Бекжанқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Бекбосын Нұргайша	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Ерденова Жанат Тлеболатқызы	– үй шаруасында, Іле ауданы
Есенова Айша	– үй шаруасында, Іле ауданы
Жақлабекова Әскербала	– үй шаруасында, Балқаш ауданы
Жаңұзакова Айнагүл Жақыпберіқызы	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Жаутикова Эльмира Амангельдиновна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Ишан Бибігүл	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Көлбаева Майра Талдыбайқызы	– үй шаруасында, Іле ауданы
Күлзия	– үй шаруасында, Іле ауданы
Қасымжанова Советкүл Сапарханқызы	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Миталипова Рошангүль Махмутовна	– орта мектеп мұғалімі, Уйғыр ауданы
Мұқанова Бағдагүл Омарғалиқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Мұлдасбаева Сәуле Жанатқызы	– үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Мырзамұратова Зағипа Тобашқызы	– үй шаруасында, Текелі қаласы
Несіпбекова Гүлжан Нұрлыбекқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Рақышева Әсем Тынысқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Радир Бүбіхан	– үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Сыбанбаева Шынар Жұмабайқызы	– үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Сыпғанова Умедхан Сайдалиевна	– үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Фартдинова Нұрсұлу Бекетқызы	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Хабаева Зәмзәгүл Жаңарханқызы	– үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Шамшекова Қарлығаш Дүйсенбайқызы	– үй шаруасында, Іле ауданы
Шейдақмова Гүлзада Абайқызы	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Шектібаева Зинеш Назарбекқызы	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Шеңгебекова Гүлмира Сүлейменқызы	– үй шаруасында, Райымбек ауданы.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2013 жылғы 13 тамыз № 614

ШАЛҚЫМА

Арманым асқақ нұрға балайтұғын

Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ
"Жетісу"

Ата Заңым, айбарым менің – тау нұрым, Ата Заңым, ұранам менің – жан жырым, кіріп бой ұяған қанатым менің шуағым, Ата Заңым – қорғаным менің тұрағым.

Рухым менің Ата Заңым әділет. Ата Заңым болмысым менің ақ ниет. Әдет-ғұрпым, салт-дәстүрім қорғалған, мен қазақпын, Заңым бар менің құдірет.

Жанымның менің әжеранас болшегі, көңілімдегі көк аспан, шаттығымның ешкемі. Ата Заңым сүйіспеншілігімді нығайтқан, Тәуелсіздігім менің жеңісім еді әрелі.

Құқығы мен бостандықтарын адамның, қымбаты мен құзіретін қоғамның, әр теңдеңің тізбе ретіндегі баламын. Ата Заңым – қорғаным әрі қорғаным.

Тілім менің сүтімен келген анамның, сүтімен кепін бойыма енген – ғалам мың. Өткенімді өлшеп, болашағымды болжап тұратын. Ата Заңым – құзіретті қымбат қазына, тұғалы менің тұмарым.

Ата Заңның аясында зайыпты қонағ орнаткан, әлеует пен әділдік болашаққа жол тартқан. Бар биліктің бастауы халық екенін көрсетіп, құндылықтарымен әлемнің өзін түртіп оятқан.

Конституциям менің!

Мың өзің, мың тіріліп ұлтымның, тілінде қан жүгіртіп ұлымның, тәндіруді талай қоғбетін бастан өткеріп, бұғаулықтың шыңжырын шешіп, үлгісі ең жұлының.

Сонау 1995 жылдың тамызы, тамыздың соңғы күнінде, ел-жұртымның санасын оятқан сөзіңе үнінде, отты ойын лаппата жағып мазалап, Елбасы айтқан ой-тұмар, бағдаршам сөзбе бір күнде. Ол «Рухы мықты халықтың, болмысы биік алыптың, қасқыры бар сүйсе, Отаны үшін әр сәтте хақысы бар күйсе» деп ұрандаған балам ой, бүгін міне, абырой.

Содан Ата Заңыма мақтанып. Ақ көгерін аспанға асылдың алып сол сөзін алаулатып алып үш. Жылдар жылжып, жаңарып жатса өміріңіз, жүрекжарды сыры сөзі әлі де бізге сағының.

Ортақ ой бар, мүдде бар – ояу жоқ бүгін таласың. Тілім бар тәнті, дінім бар қайран қалатын. Тасырлар бойы бодандықта болған халқымның, жұлдызы бар шаттандай жарық жанатын. Ол Ата Заңым – айбарым. Бара жатқам жоғалып, тарихымды қайтарды. Көңілін жүдеп, көудеме толған ақсіңті, қайтарып соз – Ата Заңым жайдарлы.

Ел мен елдің арасын, жалғап жатқан бас құжат. Мәртебем биік, жүремін бойды тік ұстап. Тасырда бір-ақ келетін, Елбасымның кепілдігімен тыныстап, аралап жүрмін, айналам менің күзет бақ.

Ата Заңым сақтық, сақтық намыс-арыңды. Қанымды қызу, ділімді – оралтпа байтақ барымды. Бір тамшы суға зар болған кеудесі кең далаңдай, тәуелсіздік деген ақ жауын, орады күрмен жаныңды.

Шарықтап шығып аспанға, құран құс көкте ойнаған. Көк тұын көріп қазақтың, еркіндігі үшін күрескен ерлігінен аймалам. Бір кездескенмен өзіне, өзіне балап алатын ұлтымның көрем қасиетін. Орала ұстап, ұлықтап, наурызын тойлаған.

Рухы мықты халықпын. Ұлығын білетін. Тарихтың саулақ сахнасынан, тағылай тағылым үзетін. Ата Заңым – тәлімім менің терең тағдырым, парасатым, ілгі ізетім. Ақиқаттың ауызы Ата Заңымда.

Конституциям менің, ар деген биік асылдың, шындығының жағында. Халқымның алтын көпірі.

Конституциям менің, ұлтымның Ай боп туып, Күн болып қонды бағына.

Ақсаған бейбіт күнінің ақсында. Шабыт шашпей, шаттыққа тоқсың ба? Айға барғың келеді, күнді ұстағың, жұлдыздармен сырласпай қоясың ба? Атысуды аластап бойымыздан, табысудың сан қырлы жолын іздеп, жүрміз біз бейбіт күнаң ақсында.

Қарашы, нұрын төккен аспанына, мақтан сен ырысының тасқынына. Қыран көз, қамқор безді қазағымның, қуанған атағының асқынына.

Шекарам шаң өткейтін шынған берік, сонда да өткізбейтін берме ерік. Ұлы тау, тұған өлке, қайран байам, сызығын сызған ед тастеп ерің.

Білім де білігімен болсын болек, жасым да жасағанда болсын ерек. Ол үшін Ата Заңнан қуаттанып, ол үшін талмайтұғын еңбек керек.

Нәр аспарын еңбектен кәсіп терең, Ата Заңым әрқимге кәсіп береең. Тәуелсіздік еркіндік әр ісінде. Сенбесең, сұрап білгін кәсіпкерден.


Елімжай ен далада жарасым қыр, ән ұлын, күй күмбірлеп жарасын жыр. Сәні сыр, салтанатты Астанамыз, төсінде Сарыарқаның жарасым тұр.

Кең жайлау Жетісудың қоңыр белі, қызу еңбек, көңілді көркем елі. Еңбектенен екпіні бұырқанып, бейне-бір тауынктердің құба желі.

Бәрі осының кепілі, Ата Заңның кепілі, нышаны бұл адамдардың. Абыройы, қадір мен қасиеті. Қорғаны бұл болашақ балдырдардың.

Ата Заңым осындай, кемеңгерім. Осылай деп шалқыдым, кімнен кемпін. Өткен өмір кешкендей дүшелем. Жаңа өмірге жыр жалып елендердім. «Жеті Жарғы» жырымның үлгісіндей, Ата Заңым өмірің үрдісіндей, асау көңіл шалынбай шыбырына, өмір есін сәбидің күлкісіндей.

Ата Заңым қантамыр бойыңызға тарайтұғын. Ата Заңым арманым асқақ нұрға балайтұғын. Құтты болсын мерекс, туған елім, өзгені де өзім деп санайтұғын.



Жарқын жолда

«Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының жиынжайында Конституция күніне орай тиімді мемлекеттік-құқықтық жүйенің және қазақстандықтардың ел-ауқатын одан әрі арттырудың кепілі ретінде Ата Заңның мәнін қоғамдық салада орықтыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі маңызын түсіндіруді мақсат еткен «Ата Заң – ел тірегі» атты конференция етті. Оған облыстық ақсақалдар ұйымының төрағасы Ардақ Сыдық, сондай-ақ, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен белсенділері, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, жастар мен білімгерлер, үкіметтік емес ұйымдар мен этномәдени орталықтардың өкілдері қатысты.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Мемлекеттік Гимнмен басталған конференцияны «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ерғазы Қошанбеков құттықтау сөзбен ашып, алдымен қазақ халқының ұлт болып ұйысуының негізін қалаған «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», «өз-Тәукенің жеті жарғысы» сияқты заң-жарлықтардың жарыққа шығуы мен оның қазақ қоғамын алға ілгерілетудегі маңыздылығына тоқталды. Осыдан кейін І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті заң факультетінің деканы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент Ербол Бейісов «Заң және қоғам» тақырыбында негізгі баяндамасын жасады. Сонымен қатар, облыстық прокуратураның басқарма прокуроры Әлібек Мырзабеков, облыстық әділет департаменті басшысының орынбасары Барлық Төреханов Достық үйі директорының орынбасары, «Достық» бастауыш партия ұйымының төрайымы Рахила Ибрагимова, Талдықорған қалалық партия филиалының «Ақжол» бастауыш партия ұйымы «Жас Қаратал» цехы ұйымының төрайымы Динара Нигматулина, облыстық жергілікті соғыс және Ауған ардагерлер одағының төрағасы Бауыржан Барлыбаевтар сөз сөйлеп, конференцияға қатысушыларды мерейлі мерекемен құттықтады.

Баяндамашылардың сөзінен түйгеніміз, Ата Заңды ардақтау әрбір азаматтың қасиетті борышы, асыл парызы. Ұлт көшбасшысының салмақты да салиқалы саясатының арқасында аз ғана уақыт ішінде ерекше ел болып қалыптасқан Қазақстанның әлемдік қауымдастықтың алдыңғы көшінде келе жатқанын біз мақтан етеміз. Бүгінде алдымызда саяси жағынан сауатты, әлеуметтік жағынан тұрақты, экономикалық жағынан қуатты, өркениетті, дәулетті 50 мемлекет санатына қосуға байланысты өте жауапты, күрделі міндет тұр. Осы міндетті іске асыру үшін Ата Заңымыз нұсқаған жолдан айнымай, Қазақстанның болашағы үшін аянбай еңбек етуіміз керек. Осылай ойлайтын азаматтар арамызда көп екен. Конференция барысында оларға партиялық құжат тапсырылса, бірқатар партия белсенділері облыстық партия филиалы төрағасының Алғыс хатымен марапатталды.

СЕЛЕКТОР

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗДА ОЙЛА

Жуырда облыстық әкімдіктің мәжіліс залында облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіровтың төрағалығымен жылыту маусымына дайындық бойынша штабтың кезекті отырысы өтті. Тікелей желі арқылы облыс орталығымен 16 аудан, үш қала әкімдерінің сала бойынша орынбасарлары байланысқа шығып, штаб мүшелері науқанға дайындық барысын пысықтады. Сонымен бірге, шараға денсаулық сақтау, білім, мәдениет, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармаларының басшылары шақырылды.

Ғалымұрат ЖҮКЕЛ
"Жетісу"

Штаб жұмысын бастаған Серікжан Ісләмұлы бүгінгі күн жылу маусымына дайындық Үкіметтің жіті қадағалауына алынып, күн тәртібінде алдыңғы қатарда тұрғандығын атап өтіп, сала бойынша облысымызда атқарылған істердің қарқыны бойынша баяндама жасау үшін сөз тізбегін энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Сергей Салағаевқа ұсынды. Баяндамашы өз сөзінде биылғы маусымға дайындық жүргізу үшін бюджеттен 24,4 млрд. теңге бөлінгендігін алға тартып, 19,2 млрд. теңгенің коммуналдық желілердің жаңартуына жұмсалса, 3,7 млрд. теңгесіне бюджеттік мекемелердің отын қорын толтыруға бағытталғандығын атап өтті. Ал, қалған 1,4 млрд. теңге кәсіпорындардың өз қорынан жұмсалып, инфрақұрылымның жаңартуына жөнелтілген. Бектілген жұмыс жоспарына сәйкес биыл 2 193 бюджеттік нысанға жылыту маусымына дайындық жүргізілуде. Қазіргі кезде жұмыстың 83 пайызы атқарылып, барлығы 1828 нысан қысқа дайындығын пысықтады. Айта кетелік, биылғы дайындық барысында ілгерілеушілік байқалып, атқарылған жұмыс былтырғымен салыстырғанда 9 пайызға артқан. Мәселен, баяндамашы облысымызда білім беру саласы бойынша 934 нысанның 767-сі қысқа дайын. Пайыздық мөлшермен алғанда бұл 82-ге тең. Ал, денсаулық саласына қарасты 908 нысанның 719-ы бүгінде қысқа қамданып үлгерді. Сондай-ақ, мәдениет саласы бойынша 351 ғимараттың 270-і алдағы қысқа сақадай-сай. Сонымен қатар, баяндамашы 28 жылу қазандығының 17-сінде жоспарланған жұмыс аяқталғандығын жеткізді. Тұрғын үй саласы бойынша 2394 көпқабатты үйлердің 999-ның жылу құбырын тазарту көзделгендігін, қазіргі кезде 709 үйде белгіленген жұмыс аяқталғандығын алға тартты.

Отын қорын қалыптастыруға бөлінген 3,7 млрд. теңгенің 2432,0 млн. теңгесі дизельдік жанар-жағармай алуға жұмсалса, 638,7 млн. теңге – көмір қорын пайдалуға қолданылды. Ал, 779,8 млн. теңгеге мазут алынған.

Атқарылған ауқымды жұмысты қорытып, жоспарға сай орындалған міндеттерді жіктеген баяндамашы кейбір кемшіліктерге де тоқталып өтті. Атап айтқанда, басқарма басшысы «Алматы-ЭнергоСбыт» және «ЖетісуЭнерго-Трейд» ЖШС-нің мәліметіне сүйеніп, электр қуатын пайдаланғаны үшін дебиторлық қарыз 142 млн. теңгеден асқан. Бұл мәселеге байланысты, қарызды өндіріп алу мақсатында жергілікті атқарушы органдар тарапынан жұмыс бөсең жүргізілетіндігіне назар аударған баяндамашы кемшілік кесірінен қысқа дайындық барысына әсер ететіндігіне тоқталды.

Баяндама аяқталған соң, Серікжан Ісләмұлы желі арқылы байланысқа шыққан аудан-қалалармен сұхбаттасып, әр өңірде жылыту маусымына орай туындаған мәселелерге байланысты тапсырмалар жүктеді. Бірінші кезекте мектептердің дайындық барысы жіті назарға алынуы тиіс деген Серік Ісләмұлы бұл іске атүсті қарайтындар жауапкершілікке тартылатындығын ескертті. Сондықтан қақаған аязда оқу барысының ойдағыдай өтуін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар аудандарға жеке тоқталды. Сондай-ақ, Қапшағай қаласында тұрғындардың коммуналдық мекемелер алдындағы қарызын назарға алған облыс әкімінің орынбасары, қаржыны қайтару тетігін қарастыруды тапсырды.

Штаб отырысының жұмысын қорытқан Серікжан Ісләмұлы аймақтарға тапсырылған жұмысты жіті қадағалауына алып, әр істің тыңғылықты атқарылуын өңір басшыларынан талап етілетіндігін айтты.

СЕЛЕКТОР

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ – 2020

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Серік Ахметовтің қатысуымен өткен бұл жолғы Үкімет отырысында «Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар барысы талқыланды. Селекторлық режимде өткен кеңеске барлық аймақ басшылары мен салаға жауапты лауазымды тұлғалар қатысты.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА
"Жетісу"

Жиынды ашып, жүргізіп отырған Үкімет басшысы алдымен күн тәртібінде қаралатын негізгі мәселелер төңірегінде егжей-тегжейлі таныстырды. Бұдан соң ол: – Елбасымыз 2015 жылға дейінгі энергия ресурстарын тұтынуды жыл сайын он пайызға төмендету міндетін қойған болатын. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін «Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасын әзірлеу және бекітуді тапсырған еді. Бүгін біз осы бағдарламаны талқылайтын болдық, – деді. Басқосуда аталған тақырып аясында ҚР Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Нұрлан Сауранбаев пен ҚР Өңірлік даму бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев кең көлемде хабарлама жасады. Бірінші болып сөз алған Нұрлан Сауранбаев талқылау барысында жергілікті атқару органдарының өнеркәсіптік, тұрғын-үй коммуналдық кәсіпорыны, қоғамдық ұйым және тиісті мемлекеттік органдардың ұсынысын ескере отырып, бағдарламаға жаңа энергия тұтыну жүйесін құру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыты енгізілгенін атап өтті.

Жиында мәлім болғандай, аталған бағдарлама бірнеше бағыт бойынша жаңа қадамды қарастырмақ. Онда кәсіпорын бағытында – өнеркәсіптік кәсіпорындардың энергия тиімділігін 30 пайызға арттыру, құрылыс бағытында – 2015 жылдан бастап барлық құрылыс нормасы мен ережелерді қатаң сақтай отырып, энергияны тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, көлік бағытында – теміржол локомотиві мен зәуе кемелерін жаңартып, отынды пайдалану көлемін 30 пайызға дейін төмендету тұрғысында халықты үнемді көліктерді сатып алуға ынталандыру шарасы ескерілген. Сондай-ақ, осының аясында 2020 жылға дейін бюджеттік секторда энергия ресурстарын тұтынуды 25 пайызға дейін төмендету арқылы аталған мекемелердің энергия тиімділігін арттырудың кешенді бағдарламасын жүзеге асыру қарастырылған. «Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасына 1 трлн. теңгеден аса қаржы жұмсау жоспарлануда. Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі өкілетті орган ретінде отандық экономиканың энергия тиімділігін арттыру үшін барлық қажетті талаптарды құрған.

Енді кезекте, барлық тиісті мемлекеттік орган, әсіресе, әкімдіктер мен кәсіпорындар энергия үнемдеу саясатын белсенді түрде жүзеге асыруға кіріспек. Ал, Қайырбек Өскенбаевтың сөзіне жүгінсек, Астана, Алматы және Ақтөбе қалаларында үш энергия тиімділік орталығын құру іске жүргізіліп жатқан көрінеді. Бұл – инновациялық энергия ресурсын үнемдеу технологиясын насихаттау және енгізу, коммерциялау, консалтингпен оқыту, инновациялық энергия тиімділік технология құрал-жабдықтары мен материалдар көрмесін тұрақты өткізу бағытындағы ескіріп, пайдалану мерзімі өтіп кеткен.

Осы мәселені шешу үшін Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы аясында әрі энергия тиімділігі мен оны үнемдеуді арттыруға назар аудару жөнінідегі Мемлекет басшысының Жолдауын ескере отырып, Өңірлік даму министрлігі бірқатар жұмысты жүзеге асырып жатқан көрінеді. Атап айтқанда, 2014 – 2016 жылдар ішінде жылу өнімділігі 100 Гкал/сағатты құрайтын 892 қазандыққа кешенді тексеру жүргізу жоспарланууда. Сонымен бірге, Қайырбек Өскенбаев қазір ҚР Өңірлік даму министрлігі өңірлерді дамыту жөніндегі бірыңғай бағдарламаны әзірлеу шеңберінде тұрғын үйлерге толық терможаңғырту жүргізу үшін халықты ынталандыру тетіктерінің пысықталып жатқандығын және энергия тиімділігіне қол жеткізуге байланысты субсидиялар бөлу көзделіп отырғандығын мәлімдеді.

Мұнымен қоса, ол бүгінде ҚР 2011 – 2020 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы бойынша тұрғын үйлерге терможаңғырту жұмыстарының жүргізілін жатқандығын және осының нәтижесінде жылу энергиясын 30 пайызға дейін үнемдеуге қол жеткізілуі тиіс екендігін құлақтағыс етті. Сондай-ақ, бұл энергия үнемдеу саясатын насихаттауға 150 млн. теңге қаражат бөлінген. Жылында осы бағыт бойынша атқарылып жатқан жұмыс жөнінде бірқатар лауазымды тұлғалар мен өңір басшылары өз ойларымен бөлісіп, талқыға салды. Бұдан соң Үкімет басшысы «Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасын жүзеге асыруды қадағалауға алу қажеттігін жүктеді. Бұл бағыттағы шаруа Жетісу өңірінде де жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Мәселен, энергияны үнемдеу жөнінлегі кешенді жоспарды жүзеге асырудың нәтижесінде 200 миллионнан аса қаражат үнемделген. Бюджет саласында 35 нысан газбен жылытуға, төртеуі сұйық отынмен көмірмен жылытуға ауыстырылып, бесеуі орталық жылу жүйесіне қосылған. Талдықорған қаласында 1280 үнемдеуші көше шырағдандары орнатылып, сағатына 457 мың кВт. немесе 7 млн. теңге үнемделген.

Бюджеттік мекемелерді 2015 жылға дейін толығымен энергияны үнемдейтін шамдармен жарықтандыру, энергия сиымды шырағдандарды 50 пайызға дейін алмастыру жоспарланууда. Осының нәтижесінде үнемдеу 30 еседен артық көбеймек. Коммуналдық салада жылу жүйесінің құрылысы мен қайта жаңартуда жылуды негұрлым аз жоғалтатын алдын ала оқшауландырылған құбырлар қолданылмақ. Соның екі жылда 71,4 шақырым жылу жүйелерінде қайта жаңғырту мен жөндеу жүргізіліп, нормативтік шығын 40-тан 25 пайызға дейін төмендеті. Сондай-ақ, өңірде бір мыңнан аса жылу қазандығын есептегіш жалпы үйлік құрылғылар орнатылған. Олардың басым бөлігі Талдықорған және Қапшағай қалаларында. Жалпы, энергия үнемдеу бойынша іс-шаралар «Ақбұлақ», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту», «Мәнокаладарды дамыту», «Өңірлерді дамыту», «Көпжеттімді бастама – 2020» бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылуда. Жиын соңында облыс әкімі Алпар Мұсаханов бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жандандыру бойынша сала қызметкерлеріне нақты тапсырмалар берді.

Жетісу

/e-mail: Jetisu2002@mail.ru www. Zhetysu-smi.kz/

● *Ассамблея аясында*

БЕРЕКЕЛІ ЕЛ МЕРЕКЕЛІ

Тәуелсіздік алған күннен бүгінге дейінгі орныққан экономикалық, әлеуметтік, саяси өркендеуге қалай қол жеткіздік? Негізгі фактор – елдің тұтастығы мен бірлігін сақтау деп айтар едік. Ал осы бірліктің негізі деп – бүгінгі таңда төрткүл дүниеге танымал болып, өң жерде аналогы жоқ Ассамблеяның жұмысын айтуымыз керек. Ассамблея мемлекет құрауши ұлт ойналасында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру арқылы тарих көшімен елімізде бір атаның баласындай өмір сүріп отырған 130-дан астам ұлт пен ұлысты біріктіріп, елдік пен татулықтың туын биік көтерген ұйым. Ал біздің алдымызда Ассамблеяның қоғамдағы орнын айшықтап, анықтап бүкіл әлемге істәжірибесін тарату міндеті тур. Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында Елбасымыз тәуелсіздігіміздің жетістіктерін сақтауға және нығайтуға қатысты маңызы өте жоғары міндет жүктеп, бүкіл тіршілігіміз, болашағымыз ортақ, ол – қазақстандықтардың бірлігіне байланысты екендігін әрқашан жадымыздан шығармауға шақырды.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Әлбетте, жыл өткен сайын Ассамблеяның ықпалы жоғарылап, аймақтардағы «Достық үйінің» саны көбейіп, оның құқықтық мәртебесі артып келеді. Сондай берекелі істің басында жетісулықтардың тұрғанын көрініп келеміз. Оған дәлел ретінде облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы таралынан атқарылған жемісті істерді айтуға болады. Соның бірі – Ассамблеясының XX сессиясында ортаға қойылып, басым бағыттар негізінде дайындалған «Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы» еді. Достық үйінде бас қосқан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының кеңесі облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың қатысуымен аталмыш тұжырымдаманы талқылау және қабылдау туралы жиналыс өткізді. Оған өңірдегі этномәдени орталықтардың басшылары қатысты.

Басқосуды Серік Мейірханұлы құттықтау сөзбен ашып, жүргізіп отырды. Мәжіліс барысында облыстық Ассамблея төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбайұлы «Алматы облысында мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру және оның ерекшеліктері», облыстық Ассамблея төрағасының орынбасары, аймақтық Корей этномәдени орталығы филиалының төрағасы Владимир Ли «Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасының негізгі бағыттары», облыстық Ассамблея жанындағы ғылыми-сараптамалық тобы төрағасының орынбасары, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің проректоры Мансұр Тасыбайұлы «Облыстық Ассамблея қызметін ғылыми-эксперттік қолдау», облыстық орыс этномәдени бірлестігі төрағасының орынбасары Лариса Котельникова «Жастарға патриоттық тәрбие берудегі этномәдени бірлестіктер жұмысын ұйымдастырудың әдектілігі» тақырыбында баяндама жасап, жаңа құжаттың ел өркениетін өркендетуімен қатар, ұлт пен ұлыс ортасындағы береке-бірлікті нығайтып, болашаққа кемел қадам тастауға негіз болатындығын тілге тиек етті.

Баяндамашылар сөзге шығып сайын өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алып отырған Кеңес мүшелері тұжырымда ұлттық бірлікті қалыптастыруға, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара іс-қимылын жандандыруға, жаңа қазақстандық патриотизмді дамытуға жол ашады деген ой бірлігіне келді.

Жиналыстың соңында Ә. Бектұрғанов, А. Чесноков, С. Гаитова қатарлы Ассамблеяның белсенді мүшелері Қазақстан Халқы Ассамблеясының Алғыс хатымен марапатталды.

2013 жылғы тамыз айында Алматы облысы әділет департаментінде, аудандық және қалалық әділет басқармаларының мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік-құқықтық актілерінің тізбесі

№	НҚА реквизиттері	НҚА атауы	Әділет орг-ан-дарында тіркелген күні	Мемле-кеттік тіркеу нөмірі
1	Ескелді аудандық мәслихатының 2013 жылғы 4 шілдедегі №21-12 шешімі	«Ескелді ауылының аумағын әрі меңгерілетін және жарық түсіретін мемлекеттік дәрежелік санатқа әлеуметін қамсыздандыру бойынша беру» мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мемлекеттік орын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы» шешімі	29.07.2013	2416
2	Алматы облыстық мәслихаты 2013 жылғы 24 шілдедегі №20-128 шешімі	«Алматы облысының экономика аумағын құрылымындағы кейбір қайта құрылуға туралы Бірлескен №205 қаулы және №20 128 шешімі»	30.07.2013	2417
3	Ескелді ауданының әкімдігі 2013 жылғы 12 шілдедегі №171 қаулысы	«Ескелді ауданы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бәдейленуден жүзеге асыратын ұйымдастыру және өткізу туралы» қаулысы	05.08.2013	2418
4	Алматы облысының мәслихаты 2013 жылғы 1 шілдедегі №19-127 шешімі	«Алматы облысы елді мекендеріне иттер мен мысықтар ұстау және сатуындағы қағидаларын бекіту туралы» шешімі	07.08.2013	2419
5	Алматы облысы әкімдігі 2013 жылғы 03 шілдедегі №191 қаулысы	«Мақта қолжаттарын беру әрекеты қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу лицензиялық тапсырыстарын беруі электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы» қаулысы	07.08.2013	2420
6	Іле ауданының әкімдігі жылғы 02 шілдедегі №6-1111 қаулысы	«Іле ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін және оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы» қаулысы	09.08.2013	2421
7	Алматы облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы «Алматы облысының 2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №12-69 шешіміне өзгерістер туралы» шешімі		13.08.2013	2422
8	Кербұлақ ауданының әкімдігі 2013 жылғы 23 шілдедегі №218 қаулысы	«Кербұлақ ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысы	13.08.2013	2423

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ ТІРКЕУ БӨЛІМІ.

ЖЕР-ЖАҺАН
Әлем жаңалықтары

Екі айға қамалды



Мәскеудің Тверь аудандық соты қазақстандық оппозициялық саясаткер Мұхтар Әблязовтің адвокаты Елена Тишенконы екі айға қамауға ордер шығарды.

Оң "Әблязов Қазақстанның заңсыз шығарған үш миллиард АҚШ долларын жымқырды", – деген күдікке ілініп отыр. Тергеу деректері бойынша, Тищенко Мәскеуде Әблязовтің "қылмыстық жолмен немесе денген мүліктерін заңдастырумен айналысқан". Елена Тишенко – Украина азаматы және Франциядағы тұруға рұқсат алған.

Мұхтар Әблязов 3 шілдеде Франциядан оңтүстігінде Украинаның сұрауы бойынша ұсталған еді. Оны "ірі көлемде қаржы жымқырды" деп Қазақстан мен Россия де сұратқан. Қазақстан билігі Әблязовті "5 миллиардқа жуық АҚШ долларын жымқырды", – деп айыптайды.

2005 – 2009 жылдары "БТА банк" директорлар кеңесінің төрағасы болған Мұхтар Әблязов 2009 жылы банк мемлекет меншігіне өткен соң шетелге шығып кетіп, Лондонға қоныстанған. Ұлыбритания оған 2011 жылы саяси баспана берген еді.

Қазақстан Үкіметі Әблязовты 5 миллиардқа жуық АҚШ долларын жымқырды деп айыптап, ұлыбританиялық соттан жүгінген. 2012 жылғы ақпанда Лондон соты Мұхтар Әблязовты «соттың құрметсіздігіне» үшін 22 айға қамауға алып, активтерін ұстауға үкім еткен еді. Оның кеңіспеген Әблязов 2012 жылы наурызда апелляциялық сотқа жазған. 2012 жылы қараша айында Ұлыбританияның апелляциялық соты ақпанда шығарылған шешімді күшінде қалдырған, – деп хабарлады azattyq.org

Мұхтар Әблязовқа қарсы Ресейдің зан орындары да қылмыстық іс қозғап, 2010 жылы Мәскеу соты оны тұтқынға алу туралы сырттай үкім етken.

Әлемге Франция соты Әблязовты абақтыда ұстап отыр. онертайкыш

Құжат жобасы дайындалды



АҚШ сенатының халықаралық қатынастар комитеті Сирияға шабуыл жасауға қатысты резолюция жобасына келісті, – деп хабарлайды ресейлік РБК агенттігі.

Reuters-тің мәліметі бойынша, күш қолдануға рұқсат беретін құжат 60 күн шабуылға келісім берген, алайда ол кажет болса тағы 30 күнге созылуы мүмкін. Құжатта АҚШ-тың қарулы күштерінің Сирия аумағындағы жер бетіндегі операцияларға қатысуына тыйым салынған.

Резолюция жобасы бүгін Сенаттың аталмыш комитетінде дауыска салынады. Егер комитет оның мәтінін құптаса ол 9 қыркүйекте Сенаттың отырысында дауыс беруге ұсынылады. Американың Сенат депутаттары сол кезде жазғы демалыстан оралады.

Баспана бағасы ұшып тұр



Қытайда тұрғын үйдің бағасы күн санап артып келеді.

Қытай үкіметі елдегі баспананың аспандаған бағасын ауыздықтауға дәрменсіз болып отыр. Сарапшылардың зерттеуі бойынша мемлекеттік 100 қаласында пәтер құны тамыз айында 6,8%, ... 7,0% өскен. Тәпті, кәсіпкерлік ... тұрғын үйлер қоржынын ... үйлер қоржынын ... қолжетімсіз болып қалған Себебі, Қытай қалаларында тұрғын үйдің бір шаршы метрі 10,442 мың юаньға бір-ақ жеткен. Сала мамандарының болжамы бойынша, қымбатшылық Вэньчжоу мен Уху қаласындағы жылжымайтын мүлік нарығындағы кейбір шектеулердің әлсіреуінен болуы мүмкін,– деп хабарлады baq.kz

Жаңа кітабы шықты



Ашхабадта Түркіменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедовтің жаңа кітабының тұсаукесері болды. Мемлекеттік Turkmenistan.gov ақпараттық сайтының хабарлауынша, "Түркіменстанның емдік шөптері" деп аталатын кітаптың 5-томының тұсаукесері денсаулық сақтау министрлігінде өткен.

Кітапта Түркіменстанда өсетін 150-ге тарта емдік өсімдік туралы мәліметтер берілін, олардың түрлі ауруға қалай пайдаланылатыны жайлы айтылады.

Бұрын денсаулық сақтау министрі болған Бердімұхамедов емдік шөптер медицинасы, Түркіменстанның денсаулық сақтау жүйесі және түркімен тұлғалары туралы бұған дейін бірнеше кітап жазған.

Зымыран сынады



Израиль сейсенбі күні таңертең Жерорта теңізінде АҚШ-пен бірге зымыран сынағанын растады.

Бұдан бұрын Ресей қорғаныс күштері радарлары Жерорта теңізінің орталығынан шығысына қарай екі баллистикалық зымыран ұшырылғанын байқап қалғанын мәлімдеген. Ресейлік ақпарат агенттіктерінің хабарлауынша, зымыран ұшырылғанын Ресейдің оңтүстігіндегі "Армавир" зымырандар ұшырылымын ескерту жүйесі анықтаған, – деп хабарлады baq.kz Ресей қорғаныс министрі Сергей Шойгу оның туралы президент Владимир Путинге хабарлаған.

АҚШ Жерорта теңізі маңында Сирия президенті Башар Асад үкіметіне қарсы әскери операция жасау үшін әскери теңіз күштерін шоғырландырып жатыр. Ресей бұл ұсынысқа қарсы.

Кеден одағына қосылмақ



Армения президенті Серж Саргсян өз елінің Кеден одағына қосылуға шешім қабылдағанын мәлімдеді. Ол мұны сейсенбіде Мәскеуде Ресей президенті Владимир Путинмен жүргізген келіссөздер кезінде айтты. Саргсянның айтуынша, Ереван Еуразия экономикалық одағын құруға да қатысуға дайын.

Путин Саргсянның мәлімдемесін құптап, Армения үшін "сұранысқа интеграциялық процестерге араласу" шешімі "мемлекеттер арасындағы сенімді әрі өзара тиімді қарым-қатынастарды нығайта түсетінін" айтты.

Өткен жылы Кеден одағына мүше Ресей, Қазақстан және Беларусь жаңа құрылым – Бірыңғай экономикалық кеңістік құруға кіріскен. Үш ел басшыларының мәлімдеуінше, Бірыңғай экономикалық кеңістіктің басты мақсаты – 2015 жылға қарай Еуропа одағы үлгісіндегі Еуразия экономикалық одағын құру.

Мәскеу Кеден одағы мен оның аясындағы интеграциялық процестерге постсоветтік мемлекеттерді қатыстыруды көздейді.

ЖЕР-ЖАҺАН
Әлем жаңалықтары

● *Өзекті мәселе*

Бүгінгі таңда білім шаңырақтары алдында көптілді білім беру міндеті тұрғандығы белгілі. Осыған орай Достық үйінде «Билингвальді оқыту тәжірибесін тарату» тақырыбында облыстық семинар кеңес етті.

Уақыт талабы

Алма ЕСЕНБАЕВА
"Жетісу"

Шараны Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай ашып, семинардың үйғыр тілінде оқытатын мектептерде көптілді білім беру мәселесін талқылап, осы орайда белгілі бір нәтижеге қол жеткізіп отырған Алматы қаласындағы №153 орта мектептегиназиның тәжірибесін тарату мақсатында ұйымдастырылғандығын жеткізді.

Бұдан соң облыстағы үйғыр тілінде оқытатын мектептер бойынша жалпы сипаттама беру үшін сөз облыстық білім басқармасының орта білім, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациясы бөлімінің бастығы Өрікті Байшаловаға берілді.

– Облысымызда үйғыр тілінде оқытатын 11 және 46 аралас мектеп бар. Мектептер ұйғыр ұлты көп шоғырланған Үйғыр, Панфилов, Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарында орын тепкен. Өткен оқу жылында үйғыр тілінде оқитын оқушылар саны 11870-ті құрады. Аталмыш мектептердегі білім сапасы жылдан-жылға артуда. Демек, 2011 жылы 45,8 пайызды құраса, өткен оқу жылында 47,7 пайызға жетіп отыр.

Мұғалімдердің сапалық құрамы мен шығармашылық мүмкіндігі де артып келеді. 2012–2013 оқу жылында үйғыр мектептерінде жұмыс істеген мұғалімдер саны 1786 болса, оның 1587-сі жоғары білімді. Биыл облыстық педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты базасында 50 мұғалім қысқа мерзімді, 23 ұстаз үш деңгейлі бағдарлама бойынша білім жетілдіру курсынан өтті.

Спутниктік канал арқылы қашықтықтан оқытуға үйғыр тілінде білім беретін 4 және 17 аралас мектеп қосылған. Сондай-ақ, 6 білім шаңырағы лингафонды-мультимедиялық, 9 мектеп жаңа модификациялы физика, биология, химия кабинеттерімен жабдықталған. Үстіміздегі жылы 2 мектепті «e-learning» жүйесіне қосу жоспарланған.

Өткен оқу жылында ұйғыр тілінде білім беретін мектептерді 851 түлек бітіріп, Ұлттық бірыңғай тестілеуге 100 бала қатысты. Орташа балл 73,6-ны құрады. «Алтын белгіге» үміткер 4 түлектің 1-еуі білімін растады. Үйғыр мектебін бітірген 207 түлек жоғары оқу орнына түсіп, оның 39-ы мемлекеттік грант иеленді.

Оқушылардың заман талабына сай көптілді білуі үшін билингвальді оқыту әдісі ұйғыр тілінде білім беретін мектептердің тәжірибесіне енгізіліп отыр. Бүгінгі күні 38 мектепте жекелеген негізгі пәндер ұйғырша-қазақша, ұйғырша-орысша, ұйғырша-қазақша-орысша оқытылады. Демек, екі тілде 33, көп тілде 5 мектеп білім беруде.

Билингвальді оқыту облыстағы өзге ұлт балаларының ҰБТ-ді қазақша немесе орысша тапсыруына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, термин, фразеологиялық тіркестер мен сөздің мән-мағынасын түсінуге, тілді жете меңгеруге, таза сөйлеуге және әдебиетке, тілге, поэзияға деген қызығушылығын оятуға ықпал етеді, – деді.

Келесі кезекте өз іс-тәжірибесімен бөліскен Алматы қаласындағы №153 орта мектеп-гимназиясының директоры Шавкат Омаров төрт тілде білім беру өдіс-тәсілін ортаға салды. Бұл мектепте 2007–2008 оқу жылынан бастап жүзеге асырылған бұл жүйе бүгінде өз нәтижесін беруде. Осыдан бес жыл бұрын мектептің білім сапасы 38,1 пайызды, ҰБТ-ның орта балы 59,8-ді көрсетсе, өткен оқу жылында білім сапасы 58 пайызды, тестілеудің орта балы 90,6-ны құраған.

– Мұндай көрсеткішке әрбір мектеп қол жеткізуге болады. Ол үшін ескі сүрлеуден толық-тай арылып, оқыту жүйесін түбегейлі өзгертуге мектеп директоры мен мұғалімдер күш сала кірісуі қажет. Мектептің беретін білімі мықты болған жағдайда ғана бәсекеге қабілетті түлға қалыптастыра аламыз, – деді өз сөзінде тәжірибелі педагог.


Мұнда мұғалімдер конкурстық негізде жұмысқа қабылданып, озат оқушылар медальмен, нәтижелі білім берген мұғалімдер сыйақымен марапатталып тұрады. Бұл орайда қаржылық көмек көрсету үшін мектеп түлектерінің ассоциациясы құрылған. Ал, мектеп директоры жыл сайын атқарылған жұмыс бойынша ата-аналарға есеп беріп, кеңшіліктің пікірмен санасып отырады.

Семинарға қатысқан республикалық ұйғыр этно-мәдени орталығы төрағасының орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты Емильян Уширов берілетін білім сапалы болу үшін мектептің материалдық базасы мен оқу әдістемелік құралдардың толық болуы маңызды екендігін сөз етсе, облыстық ұйғыр мәдени орталығының төрайымы Әсия Ахметова көптілді білімді дамытуда қолға алуға қажетті мәселелерді ортаға салды.

Шараны қорытындылаған Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай семинарда айтылған ұсыныстар толықтырылып, тиісті орынға жеткізілетіндігін жеткізді.

● *Тіл айлығы*

Ұлан-ғайыр қазақ жерінде тәуелсіздік таңы атқалы бері, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған мәйекті қазақ тіліміздің қолданыс аясы біртіндеп болса да кеңейіп, оны барша қазақстандықтар қадірлейтін дәрежеге жетті. Мемлекетіміз көп ұлтты болғандықтан оның баршаға ортақ тілін байыппен, зайырлылықпен өрістету басты назарда болды. Осының бәрі Елбасымыздың сарабдал саясатымен жүзеге асқанын көріп келеміз.



ҰЛТТЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Мырзагали НҰРСЕЙІТ
"Жетісу"

Мемлекеттік тілді өрістету мен жалпы тіл саясатына облыс, аудан басшылары ерекше мән беріп отырғаны да баршаға аян. Оған өңірлердегі өткізіліп жүрген тіл фестивальдары мен басқа да көптеген осы бағыттағы іс-шаралар айқын айғақ бола алады. Дәстүрге айналған тіл фестивалі биыл да төртінші мәрте жалғасын тауып, өңірлерде тіл сарбаздары ойластырған пәрменді шараларға жүйеленген байыпты бағдарламамен өткізілуде. Мұны біз жақында жазыралы Жаркент өңіріндегі Н. Головацкий ауылында өткен «Өнер алды – қызыл тіл», – деген тақырыптағы тіл фестивалінің жүйелі жұмысынан айқын аңғардық.

Мемлекеттік тіл мерекесіне келген құрметті қонақтар алдымен аудандағы ұлттық мәдениет орталығының және ауылдық округтер тіккен шатырлардағы жергілікті шеберлер қолынан шыққан қолданбалы қолөнер бұйымдарының көрмесін тамашалап, одан соң ауылдың саябағындағы Тәуелсіздік монументі мен өткен жылы туғанына 100 жыл толу тойы өңірде үлкен дүрмекпен өткізілген екі мәрте Еңбек Ері Н. Головацкийдің ескерткішіне гүл қойды. Одан соң Мәдениет сарайының алдындағы алаңда Д. Рақышев атындағы театр ұжымы қазақ билерінің ана тілге байланысты өсиет етіп айтып қалдырған дана сөздерін бейнелі көрініспен жеткізді. Мәдениет сарайының кіреберіс дәлізіне қойылған «Тіл бірлігі – ел бірлігі» атты кітап көрмесі мен ауданның өзге ұйымдарының жұмыстары жүйеленіп, олардан жоғары сапалы өнім алынып отырғандығы көңіл қуантады. Ауыл шаруашылығы қарқын алып отырған Талғар ауданында бүгінде 71 жылжай іске қосылған болса, солардың ішіндегі ең ірісі Ербол Отан жетекшілік ететін «Отан» шаруа қожалығы саналады.

● *Кәсібің – нәсібің*

Алматы қаласы мен облыс тұрғындарын табиғи азық-түлік, көкөніс өнімдерімен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету мақсатында бой көтерген жылжайлардың жұмыстары жүйеленіп, олардан жоғары сапалы өнім алынып отырғандығы көңіл қуантады. Ауыл шаруашылығы қарқын алып отырған Талғар ауданында бүгінде 71 жылжай іске қосылған болса, солардың ішіндегі ең ірісі Ербол Отан жетекшілік ететін «Отан» шаруа қожалығы саналады.

Мандай тердің өтеуі

Үлбосын ИСАБЕК
"Жетісу"

Қарамағындағы 1 жарым гектарға жуық жерге жылжай кешенін тұрғызып, іске қосқанына бес жылға аяқ басқан шаруашылықтың бұл күнде ісі ілгері басып, дәмі таңдайға татымды жоғары сапалы киіз бен қызанақ өсірудің шағыз шебері атануда. «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді» деген тәмсілді жадыға түйіп, жұмыла еңбек етуге бел шеше кіріскен Утановтар отбасы мүшелерінің ауызбіршілігінің арқасында отандық жылжай өнімдері көктен-көгеріп, берекесі мол тіршілікке бастан келеді. Жаз басталысымен базар биткенді жайлап алатын алыс-жақын шет елдерден келетін көкөністерге бәсекелес болуға лайық отандық көкөніс өнімдерін өсіруге машықталған бұл шаруашылық алғашқы маусымды аяқтауға таяу. Бұл күнде бір шаршы метрден шамамен 10 келіге жуық киіз мен қызанақ жиналып, сауда орындарына жөнелтілуде. Тамшылатып суару технологиясы енгізілген жылжайдан осы күшін өзінде 14 тоннаға жуық өнім алынған.



– Жылжайдың ығын біліп, бабын тапса мандай тер текке кетпейді. Сынақтай сырғыған уақыт көшіне ілесіп, жаңа тіктер жұмысын ұйымдастырудың әдектілігін» тақырыбында баяндама жасап, жаңа құжаттың ел өркениетін өркендетуімен қатар, ұлт пен ұлыс ортасындағы береке-бірлікті нығайтып, болашаққа кемел қадам тастауға негіз болатындығын тілге тиек етті.

Баяндамашылар сөзге шығып сайын өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алып отырған Кеңес мүшелері тұжырымда ұлттық бірлікті қалыптастыруға, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара іс-қимылын жандандыруға, жаңа қазақстандық патриотизмді дамытуға жол ашады деген ой бірлігіне келді.

Жиналыстың соңында Ә. Бектұрғанов, А. Чесноков, С. Гаитова қатарлы Ассамблеяның белсенді мүшелері Қазақстан Халқы Ассамблеясының Алғыс хатымен марапатталды.

шеберлер қолынан шыққан қолданбалы қолөнер бұйымдарының көрмесін тамашалап, одан соң ауылдың саябағындағы Тәуелсіздік монументі мен өткен жылы туғанына 100 жыл толу тойы өңірде үлкен дүрмекпен өткізілген екі мәрте Еңбек Ері Н. Головацкийдің ескерткішіне гүл қойды. Одан соң Мәдениет сарайының алдындағы алаңда Д. Рақышев атындағы театр ұжымы қазақ билерінің ана тілге байланысты өсиет етіп айтып қалдырған дана сөздерін бейнелі көрініспен жеткізді. Мәдениет сарайының кіреберіс дәлізіне қойылған «Тіл бірлігі – ел бірлігі» атты кітап көрмесі мен ауданның өзге ұйымдарының жұмыстары жүйеленіп, олардан жоғары сапалы өнім алынып отырғандығы көңіл қуантады. Ауыл шаруашылығы қарқын алып отырған Талғар ауданында бүгінде 71 жылжай іске қосылған болса, солардың ішіндегі ең ірісі Ербол Отан жетекшілік ететін «Отан» шаруа қожалығы саналады.

Мырзагали НҰРСЕЙІТ
"Жетісу"

Мемлекеттік тілді өрістету мен жалпы тіл саясатына облыс, аудан басшылары ерекше мән беріп отырғаны да баршаға аян. Оған өңірлердегі өткізіліп жүрген тіл фестивальдары мен басқа да көптеген осы бағыттағы іс-шаралар айқын айғақ бола алады. Дәстүрге айналған тіл фестивалі биыл да төртінші мәрте жалғасын тауып, өңірлерде тіл сарбаздары ойластырған пәрменді шараларға жүйеленген байыпты бағдарламамен өткізілуде. Мұны біз жақында жазыралы Жаркент өңіріндегі Н. Головацкий ауылында өткен «Өнер алды – қызыл тіл», – деген тақырыптағы тіл фестивалінің жүйелі жұмысынан айқын аңғардық.

Мемлекеттік тіл мерекесіне келген құрметті қонақтар алдымен ауданның өзге ұйымдарының жұмыстары жүйеленіп, олардан жоғары сапалы өнім алынып отырғандығы көңіл қуантады. Ауыл шаруашылығы қарқын алып отырған Талғар ауданында бүгінде 71 жылжай іске қосылған болса, солардың ішіндегі ең ірісі Ербол Отан жетекшілік ететін «Отан» шаруа қожалығы саналады.

Кеңес мүшелері тұжырымда ұлттық бірлікті қалыптастыруға, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара іс-қимылын жандандыруға, жаңа қазақстандық патриотизмді дамытуға жол ашады деген ой бірлігіне келді.

Жиналыстың соңында Ә. Бектұрғанов, А. Чесноков, С. Гаитова қатарлы Ассамблеяның белсенді мүшелері Қазақстан Халқы Ассамблеясының Алғыс хатымен марапатталды.

Үлбосын ИСАБЕК
"Жетісу"

Қарамағындағы 1 жарым гектарға жуық жерге жылжай кешенін тұрғызып, іске қосқанына бес жылға аяқ басқан шаруашылықтың бұл күнде ісі ілгері басып, дәмі таңдайға татымды жоғары сапалы киіз бен қызанақ өсірудің шағыз шебері атануда. «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді» деген тәмсілді жадыға түйіп, жұмыла еңбек етуге бел шеше кіріскен Утановтар отбасы мүшелерінің ауызбіршілігінің арқасында отандық жылжай өнімдері көктен-көгеріп, берекесі мол тіршілікке бастан келеді. Жаз басталысымен базар биткенді жайлап алатын алыс-жақын шет елдерден келетін көкөністерге бәсекелес болуға лайық отандық көкөніс өнімдерін өсіруге машықталған бұл шаруашылық алғашқы маусымды аяқтауға таяу. Бұл күнде бір шаршы метрден шамамен 10 келіге жуық киіз мен қызанақ жиналып, сауда орындарына жөнелтілуде. Тамшылатып суару технологиясы енгізілген жылжайдан осы күшін өзінде 14 тоннаға жуық өнім алынған.

– Жылжайдың ығын біліп, бабын тапса мандай тер текке кетпейді. Сынақтай сырғыған уақыт көшіне ілесіп, жаңа агротехнологияны игерудің арқасында өнімнің көлемі мен табиғи қуаттылығы да артып келеді. Содан да болар, жылжайдың табиғи таза әрі сапалы өнімге сұраныс артып отыр. Жинаған өнімдерімізді қала базарларымен бірге, кафе, мейрамханаларға тұрақты түрде өткізіп отырамыз, – деген шаруашылық басшысы Ербол Отан жылжай өнімін күтіп-баптап, піскен өнімді жинап алуда бірге туған бауырларының қолғабыс ететіндігін тілге тиек етті.

Бұл орайда, Нәдір, Галия, Фатима Утановалар мен Марат Құдайбергеновтің еңбектері ерекше атауға лайық. Жуырда өткен ауданның мәдениет күндерінде ауылшаруашылық өнімдерінің қатарынан орын алған «Отан» шаруа қожалығының алаканға сыймайтын қып-қызыл қызанақтарына көрмені қызықтаушылар таңданыстарын білдіргенін мақтанышпен жеткізген Ербол Отан сапалы өнім алуда тыным таппай үдене еңбек ету қажет деп есептейді. Сонда ғана бастаған іс нәтижелі боп, төккен тер өтелетіндігіне еш күмән келтірмейді. Осылайша, отандық өнім өндіруде жылжай жұмысын жандандырып, ауылшаруашылық саласының өркендеуіне айрықша үлес қосып, жайқалта өнім алып отырған шаруашылықтың мемлекет тарапынан бөлінетін субсидияға қол жеткізе алмай отырғандығын айту артық етпес. Соған қарамастан жылжай шаруашылығымен айналысып отырған «Отан» шаруа қожалығының еңбеккерлері бұған қоса қарамағындағы 1 гектар жерге бау-бақша өнімдерін жайқалта өсіруді қолға алған. Ондағы алма сорттары мен шие, алқоры ағаштарынан жоғары сапалы өнім жиналуда.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

Суретте: *еңбектің жемісін аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас агрономы Н. Асиев бағалауда.*

АЛҚА МӘЖІЛІСІ

МӘСЕЛЕ АЙҚЫНДАЛЫП, ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ

Жастар – еліміздің болашағы. Болашақтың жарқын әрі керкем болуы бүгінгі жастардың қолында. Сол себепті жастарға берілетін тәрбие мен көрсетілетін көмекті жан-жақты жүргізу керек. Осындай келелі мәселелер Алматы облыстық әкімдігінде өткен «Облыстық жастар саясаты» атты мәжілісте жан-жақты талқыланды. Облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВ ашып, жүргізген жиында негізгі баяндаманы облыс әкімінің орынбасары Серік МҰҚАНОВ жасады.

Мәлі АЛЖАНБАЙ
"Жетісу"

Баяндамашының айтуынша, жастар саясатын іске асыру мақсатында 2012 жылы облыстық бюджеттен 77 миллион теңге, 2013 жылы осы мақсатқа 206 миллион теңге бөлінді, яғни, қаржы көлемі 3 есеге ұлғайған. Сондай-ақ, аудан, қала деңгейінде 19 «Жастардың ресурстық орталықтары» коммуналдық мемлекеттік мекемелері құрылып, қазіргі кезде орталықтарда 68 маман жастармен жұмыс жүргізуде.

Студенттер мен жастардың, мектеп оқушыларының қоғамдық көлікте тегін жүруі үшін 233 миллион теңге қарастырылды. Жастарды жұмыспен қамту мәселесі де күн тәртібінен түспей келеді. Биылғы 1 қарашадағы мәлімет бойынша, жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органдарда 7464 жұмыссыз жас тіркеуге алынса, оның 5496-ы немесе 74 пайызы жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, қоғамдық жұмыстарға – 2308, әлеуметтік жұмыс орындарына – 92, кәсіби даярлауға – 764 жас жіберілді. Облыс көлемінде «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы аясында 1900 түлек тәжірибеден өтті. Облыста «Дипломмен ауылға!» бағдарламасымен жұмыс істеуге келген 327 жас маманға тұрғын үй сатып алуға 829 миллион теңге жеңілдетілген несие берілді.

Жастардың басын біріктіріп жүрген бірден-бір көшбасшы ұйым «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары. Негізгі мақсаты – жастарды жұмыспен қамти отырып, еңбекке, табиғатты қорғауға баулу, экологиялық және патриоттық тәрбие беруді көздейтін «Жасыл ел» бағдарламасы облыста 2005 жылдан бастап 8 жыл бойы табысты жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде 6460-дан астам студент, жұмысшы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан, ауылды аймақтардан шыққан талапты жастар жұмыспен қамтылып, өздерінде және туған өлкелерінің өркендеуіне зор пайдасын тигізіп үлгерді. 2013 жылдың өзінде «жасыл елдіктер» қолымен 359 гектар аумаққа тәлалық, абаттандыру жұмыстары жүргізілп, 451,7 тонна көкөніс шығарылды.

Осындай деректерді келтірген баяндамашы жастар саясатын жүргізуде кеткен кемшіліктер мен олқылықтарға да тоқталды. Оның мәліметтеріне қарағанда облыста жастар арасындағы қылмыс толастамай тұр.

– Жастарды жұмыспен қамту, бос уақытын тиімді өткізу және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағытындағы жұмыстардың өз деңгейінде жүргізілмеуі жастар арасындағы құқықбұзушылық санының артуына әсер етуде. Мысалы, биылғы 10 айдың ішінде өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда қылмыс саны Балқаш ауданында 23-тен 46-ға (100%) дейін ұлғайып отыр, Еңбекшіқазақ ауданында – 218-ден 364-ке (67%) дейін, Іле ауданында – 202-ден 328-ге (62,4%) дейін, Қарасай ауданында – 261-ден 400-ге (53,3%) дейін артқан. Әсіресе, ауыр және аса ауыр қылмыс саны басым. Қылмыс негізінен, ата-анасы жоқ панасыз балалар мен қадағалаусыз жасөспірімдер тарапынан орын алуда. Тағы да бұл жерде айта кететін жағдай, бүгінгі күні жергілікті әкімдік тарапынан барлық жастар ісі жөніндегі мәселелер ресурстық орталықтарға толығымен жүктеліп қойылған. Алайда, мемлекеттік емес бұл мекеме толықтай мемлекеттік жастар саясатымен айналыса алмайды. Бұл жерде жергілікті атқарушы органдар тарапынан жіберілген кемшіліктер де анық көрінеді.

Аталған кемшіліктердің орын алуының басты себебінің бірі – мемлекеттік жастар саясатының орындалу барысы әкімшіктердің назарынан тыс қалып, алқа отырысында талқыланбауында деп ойлаймын, – деп өз пікірін білдірген орынбасарына облыс әкімі сұрақ қойып, өзекті мәселенің шешімін қалай табу керектігін сұрады.

– Серік Мейірханұлы, 15 пен 24 жас аралығындағы жастардың жұмыссыздық көрсеткіші 1,7%-деп 2,3%-ке өсіп кетті. Осы мәселеге қандай іс-шаралар қолданылуда?

– Бұған дейін «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарын бұған дейін қалалық деңгейде ғана ұстайтынбыз. Биыл ауданларға 15-20-дан, ең азына 7-ден орын бөлп бергенбіз. Сол жақсы игерілді. Соған байланысты енді жылға жұмыссыздық мұндай көрсеткішін жоямыз деп ойлаймын. Себебі, басқалай жолдары да бар. Оны жергілікті әкімдіктермен бірлесе отырып, «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының аркасында шешеміз деп ойлаймын.

– Жақсы, басқа тетіктердің бәрін де карастыру керек. Бұл біріншіден өте маңызды мәселе. Екіншіден жастар арасындағы қылмыс өткен жылмен салыстырғанда өте күрделі өсіп кетті. Жалпы ішкі істер департаменті, аудан әкімдері, құқық қорғау органдары, Серік Мейірханұлы бұны баса назарда ұстау керек. Бұл – өте күрделі мәселе. Қапшагай қаласы осы мәселеге қандай іс-шаралар қабылдап жатырсыздар?

Наурызбай Таубаев, Қапшагай қаласының әкімі.

– Аңсар Тұрсынханұлы, жұмыспен қамту деңгейі бойынша біздің көрсеткіштеріміз жаман емес. Жүйелі жұмыс істеп жатырмыз. Тағы да жұмыс істейміз. Қылмысқа келетін болсақ ол бізде бар енді. Оның өзімізбің Ішкі істер басқармасы бар, басқа да құзырлы мекемелер бар, мектептер бар, солардың бәріне бірдей жұмыстар істеп жатырмыз. Көрсеткішті дұрыстаймыз.

– Жақсы. Аудан, қала әкімдері, мен қатаң тапсырамын. Баса назар аударыңыздар осы мәселеге, – деп талантын күшейе түсетінін жеткізді. Кезек бойынша сөз алған Алматы облыстық Жастар саясаты басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев өңірдегі атқарылған жұмыстарға тоқталып, жергілікті әкімдіктер тарапынан берілер көмектің аздығына тоқталды. Рустам Алпысбаевтың келтірген деректерде қатысты сұрақ қойған облыс әкімі Аңсар Мұсаханов облыстағы жастар саясаты басқармалары жұмысының жайына тоқталды.

– Жастар саясаты басқармасы құрылғалы бері облыс бойынша бірқатар жұмыс атқарылып келе жатыр. Барлық аудан жасақталып бітті ме? Бітті. Белсенді жастарды қабылдадық. Аудан әкімдері бұған көп күш салды. Ал, ауыл жастарымен қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Ауыл жастарымен ең бастысы жоғарыда айтылған жұмыспен қамту мәселесі бойынша біз «Жасыл ел» жастар жасағының жұмысын әр ауданда жандандыруға бизл ұсыныс бердік. Сонымен қатар, биыл жастар кеңесінің бірінші отырысында студенттік және жастар құрылыс жасақтарының штабын құрдық. Енді жылы құрылыс басқармасымен бірлесе отырып, облыста тендер жеңіп алған құрылыс компанияларының 15-10 пайызына жұмыссыз жастарды қабылдаймыз. Ең бастысы жұмыс, бос уақытын тиімді пайдалану және қылмыс мәселесіне орай біз мониторинг жасадық. Аса ауыр қылмысқа негізінен қылмыс жасаған азаматтар барады. Бұл орайда бірнеше бағытта жұмыс атқардық. Сонның ішінде Қапшагай маңындағы Заречный ауылындағы еңбекпен түзеу мекемесіне барып, жазасын өтеп жатқан жастармен кездесу өткіздік. Кездесуде тек салауатты өмір салтын ғана емес, жақсылыққа шақыру, ізгілікке насихаттау жұмысын атқардық. Сонымен қатар, облыс көлеміндегі осындай игі іс-шараларды сынға алатын «КТК», «31» телеарналарын сол кездесуге шақырғанбыз. Алайда, олар біздің жұмысымызды «Студенты против зеков» деген тақырыппен мәселенің тонын теріс айналдырып, көпшілікке жариялады.

Одан бөлек жұмыссыздықтың алдын алуды көздейтін тағы бір жобамыз бар. Ол «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ-мен бірлесіп, облыстағы жас кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерін құру мәселесі. Ауыл жастарына түсіндіру жұмыстарын жүргізетін мобильді топтар құрылды.

– Жалпы, облыс бойынша канша жас бар?

– 529 мың жас бар. Оның 413 мыңы ауылдық жерде, 116 мыңы қалада.

– Көрдің бе, жастардың үлес салмағы ауылдық жерде басым. Сол себепті мемлекеттік бағдарламалардың барлығына, шағын және орта кәсіпкерлікке тарту мәселесі қай аудандарда кенжелеп тұр? Бар ма ондай?

– Аңсар Тұрсынханұлы, сіздің осы сұрағыңыз түсінетін әкімдерге жеткілікті деп ойлаймын. «Көш жүре түзеледі» деп біз өз тарапымыздан барлық жұмысты аткарамыз. Аудан әкімдері де бізге көмегін тигізеді деп сенемін.

– Дұрыс. Әр ауданда басшы бар. Сол себепті ауылдық, селолық округтердың әкімдерімен бірлесіп, сол аймакта канша жас бар, соның статистикалық дерегі жинақтап керек. Сонда әр әкіммен бірлесе отырып аттарды танысырамын. Содан кейін ірі қарай өзге бағдарламаларға қосу жағасын таба береді, – деген облыс әкімі бұдан кейін жарысөзге Үйғыр ауданының әкімі Қоюмчан Омаровты, Ескелді ауданының әкімі Нұрлан Қылшыбаевты шақырып, осы аудандардағы жастар саясатына катысты деректерге қанықты. Одан кейін мінбеге шақырылған облыстық Білім басқармасының басшысы Жандарбек Далабаев және облыстық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Мұхит Тұрсынбаев облыс әкімінің сұрактарына жауап берді. Алка мәжілісінде көтерілген мәселеге катысты Мемлекеттік кызмет істері агенттігінің Алматы облыстық филиалының басшысы Марат Оразали өз пікірін білдірш, ұсыныс тастады. Оның айтуынша, мемлекеттік қызметке қабылдауға өтініш білдірген жастардың білімі жетілдірген жөн. Сонда ғана мемлекеттік қызмет саласының деңгейі көтеріле түседі.

Мәжілісті түйіндеген облыс әкімі Аңсар Мұсаханов көтерілген мәселеге байланысты орынбасарлары мен басқарма басшыларына тапсырма беріп, мәжілістің қаулысын қабылдады. Сондай-ақ, мәжілісте облыс әкімінің 2012 жылғы 22 қарашадағы облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының Қазақстан Республикасы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2012–2020 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыруда атқарылған жұмыстар туралы №365 Қаулысының орындалу барысы туралы ақпарат қаралды.

КӨРМЕ

Сұлулықтың сыры

Тылсым әлемге шалқар шабытпен көз салып, асқақ сезіммен көңіл бөлетін қылқалам шеберлері рухани өмірдің гүлденуіне ердайым үлкен үлес қосып келеді. Түп-тұнық шығармашылықтың ақ айдынында құлаштай жүзіп, адамзат ғұмырынан бір үзік сыр шертіп, кенеп бетін майлы бояумен өрнектеп тастайтын суретшілер қауымын нәзік өнердің хас дарындары деп атауға әбден лайықты.

Қуаныш ТҰҢҒАТАР
"Жетісу"

Құбылмалы қоғамның жүрегіне жылу дарытқан қылқаламшылар майлы бояудың ғажайып сырымен тарихқа өзіндік қолтаңба қалдырып, өнерді құрметтейтін адамзат атауына биктен үн қатады. Тұңғыш Президент күні қарсаңында ҚР Суретшілер одағының мүшесі Алпысбай Қазығұлов өзінің жеке көрмесіне көз тоқтатқанын бейнелеу өнерінің сұңғыла танушысы қатысты. Сұлулықтан сыр іздеген суреткердің тылсымға толы туындыларын облыс әкімі **Аңсар МҰСАХАНОВ** тамашалады.

Сыр елінде кіндік қаны тамып, Арал маңында есейген Алпысбай Қазығұлов Абай атындағы ҚазҰПУ-дың көркемсурет-графика мамандығы бойынша білімін шыңдаған. Абстракциялық және сюрреалистік жанрда ақ кенептің бетін түрлендіретін суретша – әлемдік көркемнер саласындағы өйгілі Масарик академиясының мүшесі. Оның қолынан шыққан мың түрлі түске қанық ғажайып картиналары көрерменді қиял әлемне жетелей жөнеледі. Бейнелеу өнерімен айналысып келе жатқан отыз жыл ішінде он 5000-нан астам картина кескіндеп, республикадағы музейлер мен галереяларға тарту еткен. Алпысбай Нығымбетұлы – тек әлем мойындаған қылқалам шебері ғана емес, көпшілікке танымал коллекционер әрі жүрегі жомарт меценат. Оның 2000-нан асып жығылатын жеке коллекциясында Әбілхан Қастеев, Жанатай Шарденов, Салихитдин Айтбаев сынды таныман суреттердің қоры сақталған. Шығармашылық тың нәзік қылын шерткен шебер ізінен ерген шәкірттерне де қамқоршыл.

– Табиғатты тұлтып, түрлі болудың сырына қанығатын суреттілердің дарынын ең жиелі өнердің қатарына жатқызамын. Себебі, қылқалам – құпияға толы құрал. Өз басым осы өнердің тұтқасын ұстап жүргенме отыз жылдан асса да, әлі күнге дейін жұмбақ әлемге батып кетемін. Бейнелеудің сырына қанша үңілсем де, құпия қалпында қалған түстер өте көп. Жылына үш-төрт жаңа туынды әкелем. Оның кейде біреуі ғана көңілімнен шығады. Тіпті кейбір жылдары мүлде ешқайсысы ұнамай қалады. Меніңше, қылқалам дегеніміз – түстерді түсіну екен. Шығармашылықтың қызығы мен шыжығы, міне, осында жатыр, – дейді Алпысбай Нығымбетұлы.

Талдықорған қаласындағы Көркемнер галереясына Алпысбай Қазығұловтың 110-нан астам кескіндемелік туындылары қойылды. Олардың ішінде өнерсүйер қауымды ерекше әсерге бөлейтін А. Ақанаевтың «Сақ қазаны», А. Ахаттың «Жолда», А. Шаржановтың «Жас аңшылар», Е. Жүнісханның «Жаңбырдан соң» атты таныман картиналары бар. Көрмеге көрік берген әйгілі суреттшнің туындылары көбіне қазақтың салты мен санасын, дәстүрі мен ғұрпын айшықтайды. Қылқаламшының «Асауға тұсау» атты картинасына бет қаратпайтын жүйрікке құрық салуға ұмтылған жыпқышы бейнеленген. Көрер көзге бірнеше мағына үстеп тұрғаны, адам өмірмен ауыспалы мағынада салыныпты бірден байқалады. Бұдан бөлек, «Тасжарған» деп аталатын суретінде ұшқыр жебе қара тасты қақ жарып тұр. Бұл суреттен адам бойындағы қайсарлықты, найзағай намысты аңғаруға болады. Салт аттыларды, қазақ көшін, сайтысшылықты, қыз ұзатуды, жайлауға қоныстануды бір үзік көркем детальмен ақ кенептің бетіне түсірген суретшінің дарынына ерксіз бас иесіз.

Көрмені тамашалаушылардың қарасы көп болды. Салтанатты ашылуында сөз сөйлеген облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы **Рахмет Есдәулет** таныман суретшіге шығармашылық табыстар тіледі. Мың түрлі түстен сыр іздеген қылқалам иесінің сиқырға толы көрмесі Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтарын бірнеше күн әдемі әсерге бөлемек.

ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Өткен жылдың 1 желтоқсанында облыс басшысы Аңсар МҰСАХАНОВ «Нұр Отан» партиясы өңірлік филиалының 100000-шы мүшесі деген сертификатты «Игілік Бизнес Групп» ЖШС-нің басқарма төрағасы Амангелді Мұстафинге тапсырған болатын. Соның бір жылдығына орай сейсенбі күні аталған серіктестікте жұмыс істейтін бір топ жас партия қатарына қабылданды.

ЖАСТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

«Нұр Отанның» аудандық филиалы компанияның Абай ауылындағы кеңсесінде салтанатты жағдайда партбилеттерді иелеріне тапсырды. Рәсімге Елбасының мектепте бірге оқыған сыныптастары Жомарт Сексенбаев пен Кеңес Байбосынов шақырылды. Олар Президент партиясына кіруге ниет білдірген ұжым жастарына Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге оқыған кездерінен естеліктер айтып, қойған сұрақтарына жауап берді.

Жастар партиялық билеттерін Елбасы сыныптастарының қолынан алды. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының сектор меңгерушісі Ақшолпан Мәратқызының айтуынша, ауданда 8 мыңнан аса партия мүшесі бар. Енді, міне, Райымбек бастауыш ұйымына қарайтын аумақта оның саны «Игілік Бизнес Групп» ЖШС-нің жастарымен 15-ке артты. Қашанда жастарды қолдайтын Елбасы оларға үлкен үмет артады. Партияның облыстағы жұмыңшысы мүшесі, серіктестік басшысы Амангелді Мұстафин алдағы уақытта кеңседе партия ұяшығының бөлмесі жасақталатынын жеткізіп, ардагер аталарға тағылымды өңгімелері үшін алғысын айтты. Бұл құрылыс компаниясы Алматы қаласы мен облыста «Алюрт», «Рамстор», «Ефес», «Кока-кола» сияқты басқа да сауда орталықтары, қонақүй, өндірістік-кеңсе қойма, ойын-сауық, спорт нысандарын салған.

ӨЗ ТІЛІШМІЗ.
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

Тыңда, әлем, дауысымды

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні қарсаңында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы мен С. Сейфуллин атындағы облыстық өмебебап кітапханасының ұйымдастыруымен бірінші рет өңірдегі қаламгерлер мен сазгерлерді бір үстелдің басына жинаған «Үлт Көшбасшысына айналған дара тұлға» атты әдеби-сазды шара өтті.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Сөзін ақын Жұматай Әмірсең пен энш сазгер Данияр Құрамысов жазған «Елбасы мектебі» атты жаңа әнмен шымылдығын ашкан шараға жетісулық жиырмадан астам қаламгер мен эн көгінде қалықтаған сазгер қатысты. Шараны «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдікаров құттықтау сөзбен ашып, оның мақсаты мен мәнін түсіндіріп өтті. Осыдан кейін мінберге көтерілген «Медиахолдинг «Жетісу ақпарат» АҚ басқарма төрағасы Нүсіпбай Әбілқасымұлы, облыстық тілдерді дамыту басқармасы басшысы Сәуле Әрін, «Алатау» газетінің редакторы Айтақын Бұлғақов, Сарқан ауданық газетінің редакторы Жомарт Игімаи, «Талдықорған» газеті бас редакторының орынбасары Гүлайым Түстікбай, сондай-ақ, белгілі жазушылар Қараша Қарамаи, Нұрәлі Бектемірова сияқты аға буын ақын-жазушыларымен катар, орта, жас буын ақындар Елбасының өмірі мен ел өркенпетіне қосқан үлесін, азаматтық, тұлғалық, кайраткерлік болмысын мазмұн етіп өлеңдерін оқыса, Мұратқан Егинбаев, Бақберген Асқарбеков бастаған сазгерлер Елбасының сөзіне жазған төл туындыларын және Мемлекет басшысына арнаған әндерін орындап, салтанатты шараның шырайын аша түсті. Қысқасы, оқылған өлең, шырқалған әннің бәрінің өзегінде бір ортақтық жатты – ол Тәуелсіздікке деген сүйіспеншілен Елбасының ерен еңбегіне болған күрмет.

«Ақынсыз ел – сазасыз, батырсыз ел – панасыз» дегендей, ақындық Алланың сыйы. Ақындықты Алла бермесе, оны базарлы байын да, құнарлы бию де, қазыналы ханның да қолдан жасап ала алмайды. Бірақ, ақынын қадірлеген қоғам ғана алғабасарлықтың тәтті ұясына қана алады. Біз сондай қоғамда өмір сүріп жатқан ұрпақ ретінде мақтануға тиіспіз.

Кейінгі жылдары өңірімізде «Өзімі ақынын іздеген ел бақытты», – деген қанатты сөзді жиі айтуды әдетке айналды. Ежелден жалғасып келе жатқан сол парасат ізі бүгінде қайта жаңғырғанына жетісулық қаламгерлер өте қуанышты болды. Шара соңында өрнекті өлеңін ортаға салған ақындар «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының Алғыс хатымен марапатталды.

Көпшілік шараны ұйымдастырушыларға: «Шабытты ұштап, қаламды қайрайтын осындай шара алдағы уақытта да жалғасын тапса жөн болар еді» – деген ұсыныс-тілегін айтып тарады.
ТАЛДЫҚОРҒАН.

Жуырда жастардың отансүйгіштік қасиетін арттыруды талқылаған келелі басқосу өтті. Аталмыш жиын облыс орталығы Талдықорған қаласындағы «Бизнес, құқық және жаңа технологиялар» колледжінде ұйымдастырылды.

Отанды сүю

Аталған басқосудың өткізілуіне облыстық «Жетісу жастары ұйымының конгресі» жастар қоғамдық бірлестігінің мүшелері мен «Бизнес, құқық және жаңа технологиялар» колледжінің ұжымы ұйытқы болды. Шараға келген қонақтар арасында республикалық үкіметтік емес ұйымдар, өңірлік жастар ұйымдарының басшылары мен мүшелері, қала депутаттары, мәслихат хатшыларының өкілдері және қалаөзіндағы түрлі оқу орындың оқытушылары болды. Басқосудың «Қазақстандық патриоттық: қазіргі проблемалар мен болашағы» деген тақырыбының өзі айтып тұрғандай, жиын барысында жас буынның бойына отансүйгіштік сезімді ұялатудың маңыздылығына назар аударылды.

Осынау ерен пікір сайыс алаңында сонымен қатар, адамға аса қажетті өзге де ізгі қасиеттер мен бүгінгі қоғамда көрініс беріп жүрген келеңсіз құбылыстар жайы сөз болды. Атап айтар болсақ, басқосу барысында қатысушылар қоғамның алға басуына кедергі болып отырған жемқорлық сынды дерттің зардабын тереңінен отырып, ел болып күресудің қажеттігне тоқталды. Жиында Оңдан Бөлек, Бөлексерді жастар Талдықорған қаласық мәслихатының аппарат басшысы Тимур Ұлдасұлы мен тағы басқа құрметті қонақтарға кеңінен жүгіне сауалын қойып, оған тұшымды жауап алды.

М. МҰҚАШҰЛЫ.

Әлем мойындаған тұлға

Республика жұртшылығы жыл сайын Тұңғыш Президент күнін ерекше және еңбек өрлеуі жағдайында қарсы алады. Халық сонау 1991 жылы өткізілген Президент сайлауында Н. Назарбаевқа құмәнсіз сенім артып, тізгінді тапсырған. Ел үмітін арқалаған Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтарды қайыспай көтеріп, өзінің ел басқарудағы мол тәжірибесінің, жан-жақты білігі мен білімінің, ұлы сенімділігінің арқасында өтпелі кезеңнен халқының өзегін талдырмай алып шықты. Алып қана шыққан жоқ, әлемдік өркениеттің ұлы көшіне қарай нық қадам басты.

Халық бүгінде таңдау жасағанда қателеспегеніне қаміл сенеді. Өйткені экономикамыздың ерге басуы, халықтар арасындағы мызғымас достық, ел ішіндегі тұрақтылық, салауатты өмір салтының орнығуы, алыс-жақын шетелдермен бейбіт қатынас тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасы. Сондықтан мемлекет басшысының елі үшін сіңірген ұлағатты еңбегін үнемі насихаттап, жұртшылыққа түсіндіріп отыру үрдіске айналған.

Бұл өнегелі үрдістен Алакөл ауданы да шет қалған жоқ. Президент күні қарсаңында жоспар жасап, әртүрлі тақырыпта шаралар өткізді. «Елорда – Елбасының ерлігі» атты «дөңгелек үстел», «Әлем мойындаған тұлға» атты конференция, мектептерде «Қазақтың данасы, көменгер ұлы – Нұрсұлтан», «Ұлтым деп туған Елбасы» атты жас ақындар мүшайрасы ұйымдастырылды. Оған әр мектептің өлеңнен үміті бар талапты оқушылары қатысып, Елбасының ерен еңбегін балаң жырларына қосты. Бұл шараны аудандық балалар шығармашылық орталығы ұйымдастырды. Аудандағы техникалық және гуманитарлық колледжде «Елім менің» атты патриоттық әндер байқауы өтті. Абай атындағы орта мектепте «Елімнің жүрегі – Астана» плакаттар байқауы, «Елдің атын ер шығарар» атты шығармалар байқауы, аудан бойынша «Менің елім – күндей нұрлы Қазақстан» атты жас қаламгерлер байқауы жастардың белсенділігімен өрлеу үстінде өтті.

С. ХАСЕНОВ.
АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

ТАМАША ТАРТУ

Сәрсенбінің сәтінде аудан орталығынан шалғайда жатқан ақсеңгірліктер үшін Тұңғыш Президент күні мерекесіне тамаша тарту жасалды. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттен бөлінген 74 млн. 688 мың теңгеге жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарының нәтижесінде құстың ұясындай ғана жып-жылы, көркі көз тойдыратын 117 орынды ауылдық Мәдениет үйі пайдалануға берілді.



Сәрсен АТЫБАЕВ
"Жетісу"

Мәдениет ошағының ашылу салтанатындағы құттықтау сөзінде аудан әкімі Махаббат Бигелдиев: «Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты», – демекші, Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында әлеуметтік мәселелер қатарында мәдениет пен өнерді де одан ерғі қарыштата дамытып, парменді қолдау көрсете беру қажеттілігі атап көрсетілген. Осыған орай жылдан-жылға көркейіп келе жатқан ауылдарымыздың ажары тағы бір әсем ғимаратпен ашыла түсті. Мәдени мұра үшін қызмет ететін өнер ордасы бүгін ел игілігіне берілп отыр. «Ұлт болашағы – ұлағатты ұрпақ» десек, жастарымызға рухани тәрбие беретін осындай мәдени ошақтар қатарының көбеюі өскелең ұрпақтың жарқын болашағы мен ауылдардың мәдени өмеріне тың серпіліс берері сөзсіз. Ел мерейін өсірер мұндай жетістіктер Елбасымыздың ұстанған сындарлы саясатының жемісі, халқымыздың ерен еңбегінің көрінісі. Баршаңызды Мәдениет үйінің ашылуымен құттықтаймын» – деді.

Ауыл тұрғындарының ақжарылқап қуанышын жеткізген ақсеңгірлік көпбалалы ана Анаркүл Шалғынбаева апа елдің төрт құбыласын тең ұстаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа, өркендеген еңбегімен биіктерден көрінген аудан әкімі Махаббат Бигелдиевке ризашылығын білдірді. Ауыл ақсақалы Өбдәкерім Мұсаев салтанатқа жиналғандарға ақ батасын беріп, игі тілегін ақтарды.

Жаңарған Мәдениет үйінің лентасын аудан әкімі М. Бигелдиев пен ауыл ақсақалы Ө. Мұсаев қиып, әжептәуір шашу шашты. Ғимарат ішін аралап танысқан қапшағайлық осы қуаныпшқа арнайы келген өнер майтalмандары Саят Медеуов пен Айгүл Қосанованың әсем әндерін, аудан өнерпаздарының өнжырын тамашалады.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫНДА

Бақытты ұрпақ

Талдықорған қаласындағы НАЗАРБАЕВ зияткерлік мектебінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне орай «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты форум өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов, «Нұр Отан» партиясының Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ерғазы Қошанбеков қатысып, Елбасы атындағы мектепте білім алатын оқушыларға ізгі тілектерін жеткізді.

Алма ЕСЕНБАЕВА
"Жетісу"

– Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атындағы мектепте оқып жатқан сіздер шындығында бақытты ұрпақсыздар, – деді өз сөзінде Серік Мейірханұлы. – Осында білім алып жатқан әрбір оқушыны ерекше қабілетті, дарынды деп біледі. Болашақта да сіздерге даңғыл жол ашылған. Назарбаев университеті мен әлемдегі ең озық, жоғары оқу орындарында оқуларыңызға мүмкіндік бар. Бүгінгі білім алып жатқан мектептеріңізде де барлық жағдай қарастырылған. Жалпы облысымызда балалардың болашағы жарқын болуы үшін көптеген игі іс жүзеге асуда. Биылдың өзінде 27 балабақша, 13 шағын орталық ашылды. Білім беру ұйымдарының 99,8 пайызы қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Бұл Елбасы Нурсұлтан Әбішұлы мен облыс әкімі Аңсар Тұрсынханұлының ерекше қадағалауымен іске асып жатқан шаралар. Сондықтан да сендерге зор сенім артып, болашақтарыңнан үлкен үміт күтеміз, – деді.

Келесі кезекте сөз алған «Нұр Отан» партиясының Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ерғазы Қошанбеков елін бик жетістікке жетелеген Елбасы еңбегіне тоқтала келіп, Назарбаев зияткерлік мектебінде жас ұрпаққа нәтижелі білім, тәрбие беріп келе жатқан біркатар ұстазды партияның Алғыс хатымен марапаттады.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Форум барысында сөз алған Назарбаев зияткерлік мектебінің директоры Гүләйім Байжікенова «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәрбиелеу Күләш Шамшидинованың Тұңғыш Президент күніне арнаған құттықтау хатын оқып, форумға келген қонақтарға алғысын жеткізді.

Будан соң Назарбаев зияткерлік мектебі оқушыларының тарту етуімен ән-биден шашу шашылып, шараға арнайы қатысқан «Айналайын» балалар үйінің тәрбиешілері заманауи үлгідегі білім шаңырағын аралап көріп, интеллектуалдық ойындар ойнады.

● Жолдау: ІС пен НӘТИЖЕ



ЖАҚСЫМЕН ЖОЛДАС БОЛСАҢ...

Мемлекеттік қызметтің тізгінін жақадан ұстаған жастарға көргені мен білгені көп, көкейге түйгені мол ата буынның көмегі керек-ақ. Ол барын бөліп бермесе де, тәжірибесімен, әдіс-тәсілімен бөлісе алады. Бұндай береке-бірлік біздің өңірде де берік орныққан. Оған облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Ардагерлер үйінде өткен «Жас саясаткер – мемлекеттік қызметте» атты танымдық семинарда көз жеткіздік. Елбасының биылғы халыққа Жолдауының «Жаңа Қазақстандық патриотизм» туралы жетінші бағытын насихаттау арқылы жастарға әдістемелік көмек беру, бағыт, бағдар көрсетуді мақсат еткен шарага облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Гүлжиян СҰЛЕЙМЕНОВА, «Медиахолдинг Жетісу ақпарат» акционерлік қоғамы тарағасының орынбасары Болат АБАҒАН қатысты.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Ең бастысы, жиналыс қызыл сөзге ұрынбай, жаттанды немесе қағаз жүзіндегі мәліметтерді ғана көрсететін дәрежеде басқосудан басқаша өтті. Өйткені, шарага аудан, қалалық ішкі саясат бөлімдерінің жас қызметкерлері қатысып отырғандықтан, оларға жеткен жетістік, қол жеткен нәтижеңнің есебінен гөрі басында айтып өткендей ата буынның ақылы мен тәсіл кап керек еді. Сондықтан да алғашқы сөз кезекті алған Гүлжиян Магдачқызы әңгіме әзеги өзінің 30 жылдық мемлекеттік қызметте жинаған тәжірибесімен бөлісуден бастады. Осы барыста жас кезінде басып өткен қиындығы мен қызығы мол жолдарды, қазақтың нар қасқа ұлдарының жиған тәжірибесін, ел басқара жүрп, көкейіне тоқығандарын жасырын қалмады. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлердің, есресе, ішкі саясат саласында жұмыс істеуге ынта танытқан жастардың ойына токи жүретін бірнеше жолды, тіпті, қазіргі күрделі қоғамдағы мемлекеттік қызметкерлер бетпе-бет келетін күрмеуді мәселелерді қалай шешім етуден де бағытын көрсете келе.

– Саясат саласында жұмыс істеймін деген әрбір жас ең алдымен елмаздың Ата Заңын толық білуледер, одан кейін Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауынан хабары болуы керек. Сондай-ақ, ақпарат алуымыздан дер кезінде хабар тауып, оны жұмысына ыңғайлы пайдалануды жөн. Сонымен қатар, Абайды оқыңдар. Өйткені, қазақ халқының білімі мен білектілігі парасаты мен паһымы, ел басқару тәсілдеп сол ұлы еңбектен таба аласыңдар. Бір айта кетерлігі, ана тілінді жетік біл, одан кейін орыс, ағылшын, тіпті қытай, керек болса басқа тілді меңгеруге талпыныңдар. Себебі, қазір елмаз әлемдегі дамыған елу елдің қатарына өтті. Келешекте алдыңғы қатарлы

отыз елдің санатына қосыламыз деген жоспарымыз бар. Ендеше, әлем елдерімен тереземіз тең жағдайға жеттік. Сондықтан шетелдермен қарым-қатынас, алыс-беріс жасайтын жағдайымызда көбейеді деген сөз. Бұл барыста мемлекеттік қызметкерлердің мүмкіндігі де арта түседі дегендік. Осы кезде көптеген мәселені тіл арқылы шешуге тура келеді. Сондықтан жас қызметкерлер көп іздену, үйрену, ұмтылу керек, – деп түйіндеді.

Расында, Гүлжиян Сүлейменованың ақылы, басшылық, ұстанымы жастарға терең әсер қалдырды. Келесі кезекте сөз алған «Медиахолдинг «Жетісу ақпарат» акционерлік қоғамы тарағасының орынбасары Болат Абаған өңірдегі баспасөз құралдарына жүргізілген мониторинг қорытындысы туралы айта келіп, жас мамандарға өзінің жинаған тәжірибесімен бөлісті. Ал облыстық ішкі саясат бөлімінің өкімшілік бөлім басшысы Салтанат Орынбекова, басқарманың саяси партиялар және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс істеу бөлімінің басшысы Әлия Құрманғалиева, басқарманың ақпараттық саясат және БАҚ мониторинг бөлімінің басшысы Жандос Шопабеков, басқарманың ішкі бақылау қызметінің бас маманы Бауыржан Абиковтер өз саласының бағыты, мақсаты, атқарылған жұмыс нәтижесі туралы айта келіп, жастарға жұмыс барысында кездесетін қиындықтарды шешу жолдарын түсіндірді.

Жиналысқа қатысқан жастардың да белсенділігі жақсы болғанын байқадық. Олар көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алып отырды. Ал кездесте белсенді, ел арасында жақсы қырымен танылып жүрген бір топ жас облыстық ішкі саясат басқармасының Алғыс хатымен марапатталып, мерейленді.

Әйтеуір, «Жақсымен жолдас болсаң, жетесің мұратқа» дегендей, Ардагерлер үйіндегі басқосудан кейін аудан, қаладан келген жастар Достық үйі, Тің сарайында кездесу өткізіп, М. Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайын тамашалады. Қаламыздың көркіне айналған Жастар спорт сарайының және жаңадан құрылған «Медиахолдинг «Жетісу ақпарат» акционерлік қоғамының жұмысымен танысты. Түске үзілістен кейін жастар Алматы және Талдықорған өңірлері бойынша команда жасақтап, «Боулинг» «Paint ball» ойындарынан жарыс ұйымдастырды. Шараның соңы Ескелді ауданы Кекжазық ауылындағы демалыс аймағындағы пікір-сайыспен қорытындыланды.

Мине, осылай бересі мол, мәнді ет сапмақты, кешешекке мықты қазық болған бір күндік шара жастарға мың күндік азық болған нәтижесімен аяқталды.

● Жолдау: ІС пен НӘТИЖЕ

Бағалы бастама

«Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл – көсір» деп, шопан ата тілсіз ерекшелеп, ет пен сүтін азық етіп, терісінен тон тігіп бой жылытқан, жүнінен киіз басып, отбасының баспанасына, төсенішіне жаратқан, мыңдаған жыл мал баққан елдің ұрпағымыз. Шопан ата тілсіз бүгінгі таңда да ел игілігіне мал табыс беретін мал шаруашылығындағы негізгі сала болып қала бермек. Бұл саланың өндірісін өркендетуге Үкімет те ерекше деп қойып, үстіміздегі жылы еліміздегі қой шаруашылығымен шұғылданатын кәсіпкерлердің тұңғыш құрылтайын өткізді. Алқалы жиында Елбасының 2016 жылға дейін шет елдерге сарпалы мал етін экспорттау жөніндегі тапсырмасын жүзеге асырудағы қой өнімдерінің де үлес салмағы, мүмкіндіктері кең көлемде сараланды.

Мырзагали НҰРСЕЙІТ
"Жетісу"

Осы құрылтайдан кейін республикадағы мал шаруашылығы еркендеген өңірлерінде аталған саланы жандақты дамытудың іс-шараларын жедел қолға алынып отыр. Мұндай қам-қарекет жалпы агроөнеркәсіп кешенінде мал шаруашылығының үлес салмағы басым аймақ болып табылатын Жетісу жұртында да айқын аңғарылады. Соның бір көрінісі өткен бейсенбіде жазиралы Жаркент өңірінде «Облыста қой шаруашылығын дамыту және қой тұқымдарын асылдандыру» деген тақырыпта өткізілген өңірлердегі ірі мал шаруашылықтарының жетекшілері мен аудан әкімдерінің орынбасарлары, мал мамандарының, ғалымдардың ғылыми тәжірибелік кеңесі дер едік.

Бұл кеңестің бастапқы бөлігі Қоңыröлең ауылдық округіндегі қазақтың биязы жүнді, асыл тұқымды қойын өсіретін «Мәдина» ЖШҚ-ның, малды қолдан ұрықтандыру бекетінде басталды. Аталған қожалық 1996 жылдан бері селекциялық жолмен қазақтың биязы жүнді қойының тұқымын асылдандырумен шұғылданып келеді. Нәтижесі мал шаруашылығынан хабары бар баршаны қызықтырарлықтай. Қожалықта қазір жылма-жыл төлдейтін элиталық асыл тұқымды 1500 саулық бағылады. Мұндағы элиталық асыл тұқымды қой саны жалпы 3500-ге жетеқабыл. Шаруашылық биылғы қой ұрықтандыру науқанына өздері селекциялық әдіспен өсірген асыл тұқымды элиталық 15 қошқар дайындапты. Олардың ең ірісінің тірідей салмағы 132 килограмға жетеді. Осы қошқарлардың ұрығымен қашырылған отарлардан алынған жүздеген еркек тоқтылар жыл сайын ғылыми зерттеу институты мен ірі мал шаруашылықтарына сатылып келеді. Қошқарлардың әрқайсысынан көктемде орташа есеппен 14 килограмнан астам жүн қырқылады. Ал олардың жанындағы кермелерде бөлек-бөлек тұрған саулықтар мен тоқтылардың да денелерінің ірілігі, жүнінің тығыздығы көңеске келгендердің көзін арбап, қызықтырды.

Мұндағы кеңесті облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков бастап, өткізіліп отырған іс-шараның маңызы мен мәнін, міндеттерін айтып өтті. Бұдан кейін ауданның бас мал маманы Қаһарман Рақымбеков тәжірибе алмасу кеңесіне келген қонақтарға «Мәдина» ЖШҚ-дағы қойды қолдан ұрықтандыру бекетіндегі жұмыс жүйелерін таныстырып, мұндағы селекциялық жолмен мал тұқымын асылдандырудың қырсырын баяндады.

Кеңеске келгендердің бекет басындағы озық тәжірибемен танысу жинын облыс әкімінің орынбасары Т. Досымбеков қорытындылап, қойды қолдан ұрықтандырудың маңызына тоқталды. Сонымен бірге ол көрмеге қойылған қойды қолдан ұрықтандыруға қажетті құралдарды қолданудың әдіс-тәсілдерін өзі тәптіштеп түсіндірді. Кеңеске келгендер еңбек жолын Бақанас қой шаруашылығында малды қолдан ұрықтандырушы техник жұмысымен бастаған Тынышбай Досымбекұлының істі жете білетіндігін мойындасып, таңырқағанын да айта кеткеніміз артық болмас.

Алқалы басқосу Қоңыröлең ауылындағы Мәдениет үйіндегі ғылыми кеңесте жалғасты. Жиында алдымен Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Құдайберген Бекбосынов «Облыста қой шаруашылығын дамыту және қой тұқымдарын асылдандыру жұмыстары туралы» деген тақырыпта кең көлемді, жан-жақты талдауға негізделген баяндама жасады. Баяндамадан кейін сөз кезек тәртібіне енгізілген жергілікті аткарушы орган, облыстық аумақтық инспекция және қой шаруашылығы бойынша ҒЗИ-тары өкілдеріне ұсынылды. Алдымен мінберге көтерілген Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Шұхрат Құрбанов өңірдегі қой өсіретін шаруашылықтардың жайкүйін тілге тиек ете тұрып, мал тұқымын асылдандыру бағытындағы озық тәжірибелерді ортаға салды. Сол сияқты бұл басқосуда Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің мал шаруашылығы селекциясы және биотехнологиясы кафедрасының меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Төлеухан Садықұлов, Қазақтың қой шаруашылығы ҒЗИ биязы жүнді қойларды өсіру және асылдандыру бөлімінің басғылыми қызметкері Төлеубек Қасенов, ҚР АШМ Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының мал тұқымын асылдандыру бөлімінің басшысы Мәділ Орынбетов, «Мәдина» ЖШҚ-ның техник ұрықтандырушысы Ерғали Смағұлов тағы басқа да ЖШҚ-тар жетекшілері мен ғалымдар саланы барынша дамыту жөніндегі өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды.

Кеңес жұмысын облыс әкімінің орынбасары Т. Досымбеков қорытындылап, басқосуға алыс-жақыннан келіп қатысқан барша-ға алғысын білдірді. Қонақтарға Қоңыröлең ауылдық округінің өнерпаздары өнер көрсетті.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

ЖЕР-ЖАҺАН
Әлем жаңалықтары

Жүздеген сурет табылды



Германияның Мюнхен қаласындағы пәтерлердің бірінен екінші дүниежүзілік соғыс кезінде нацистер ұрлаған бір жарым мыңға жуық картина табылған. Олардың арасында Матисс пен Пикассоның туындылары да бар.

1930-1940 жылдары жазылған өнер туындыларын жинайтын коллекционер ұлының пәтерінен табылған бұл картиналардың жалпы құны бір миллиард еуроға жуық деп бағалайды Германиядық Focus апталық басылымы. Өткен ғасырда өмір сүрген айгілі қылқалам шеберлері шығармаларының ішінде Эмиль Нольде, Франц Марк, Макс Бекман және Макс Либерман сияқты неміс суретшілерінің қолынан шыққан дүниелер бар, – деп хабарлады azattyq.org.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және оған дейін бүкіл Еуропада көптеген өнер туындысы нацистердің қолына өткен еді. Олар өнер мұрасының көбін еврейлерден тәркілеп алды, немесе оң суреттердің иелерін бағасы жетпес туындыларды арзан бағамен сатуға мәжбүрледі.

Ең бай испан қызы



Zara сәнді киімдер сауда белгісінің негізін қалаушы Амансио Ортега мен Розалия Мераның қызы Сандра Ортега Мера ең бай испан қызы атанды.

Николас Мудидің бағалауынша, Сандрага байлығының 90 пайызы Розалия Мерадан мұрагерлікке қалған. Кейіннен ол Rosp Corunna Partnicipaciones Empresariales компаниясында өзінің иелігіне өткізеді. Бүгінде сәнді киім шығарушы әлемге танылған сауда белгісінің жоғайбасының құрайды, – деп хабарлады baq.kz.

Алғашқы Zara дүкенін Амансио Ортега мен Розалия Мера 1975 жылы ашқан. Кейінен ерлі-зайыпты 1986 жылы айрылысып кетеді. Алайда, бизнестерін олар бірге әрі қарай дамыта береді. 2001 жылы Inditex компаниясы Кор нарығына алғаш рет акцияларын орналастырды. Оның 5,1 пайызын Мера сатып алып, Rosp Corunna компаниясының иелігіне өткізді. Бүгінде Inditex-тың басқаруында Zara, Pull & Bear, Bershka сауда белгілері кіреді және олардың әлем бойынша 6000-нан астам сауда нүктесі бар.

Иракта қалуға үндеді



Өткен бейсенбіде ондаған мұсылман Бағдад шаһарындағы шіркеудің алдында жиналып, христиандарды елден кетпеуге шақырды. Естеріңізде болса, осыдан үш жыл бұрын осы шіркеу жанағатының арасынан 44 адам және үш священник белгісіз біреулердің қолынан қаза тапқан болатын.

Бұл күні Бағдад қаласының Каррада ауданында орналасқан шіркеуде Иса пайғамбардың (р.а.) анасын еске алу құлшылығы өткен еді. Ғибадат кезінде қауіпсіздік шараларын күшейтіліп, христиан сенімін растайтын құжаты барлар ғана ішке енген болатын. Тіпті, шіркеу де құлпының барысын тек сыртқы ғана бақылай алды.

24 млн. тұрғыны бар Иракта христиандардың саны шамамен 3 пайызды құрайды.

Шығындары өндіріп алу



Ресей президенті Владимир Путин лаңкестік жасау барысында келтірілген шығынды терроршының туған-туыстарынан өндіріп алуға мемлекетке құқық беру жөніндегі заңға қол қойды.

Федерация Кеңесі қорғаныс комитетінің төрағасы Виктор Озеров мұндай шараның қажеттілік сәтінде атап өтті.

«Тіпті, туыстары ғана емес, қылмыскердің жанына жылы жақындары – ашыналары, оң аят берген және оңымен бірге терроршылық ұйымға мүше адамдар... Алайда, бұл прокурордың сот арқылы ұсынысынан кейін ғана...», деді ол, – деп хабарлады Baq.kz.

В. Озеровтың айтуынша, осы шара ондаған адамға тоқтау салып, жүздеген адамды террорлық актілерден аман алып қалып жатса, дұрыс болғаны. Егер іске аспаса, бұдан әрі жаңа тетіктер іздестірілетін болады.

Айта кетейік, бұл заңның түсінікте мессінде егер терроршының туған-туыстары жекеменшігіндегі мүлкінің қалай келгенін дәлелдей алмаса, мемлекет пайдасына компенсацияланатын болады деп жазылған.

Жеті адам қаза болды



Жексенбі күні Таиландта туристер келе жатқан паром жағалаудан жарты шақырымдай қашықтықта теңізде суға батып, апат салдарынан кемінде жеті адам қаза болған.

Паттайядағы Ко-Лан аралынан шыққан паромның двигателінде ақау пайда болған соң, жолаушыларды екінші кабатқа шығарған. Одардың салмағынан паром бір жақ бүйірше ауып, суға батып кеткен. Полицияның хабарлауынша, 150 жолаушы алып жүруге лицензиясы бар паромда апат болған сәтте 200 адам отырған, – деп хабарлады azattyq.org.

Таиландтағы Ресей елшілігінің өкілі Андрей Дворников паром апатында каза болғандардың арасында ресейлік үш азамат – бір әйел және екі ер адам бар екенін хабарлаған.

Таиландтың құтқару қызметі мен әскери-теңіз күштері апат болған аймақта іздестіру жұмыстарын жүргізіп жатқаны хабарланды.

Айыппұл салынады



Ресей Президенті Владимир Путин сатып алушы түсті құжаттарды ұсынбастан SIM-карталарды қолдан қолға сатуға тыйым салатын заңға қол қойды.

Енді тіркелмеген SIM-карталарды сатқан азаматтарға 5 мың рубль, ал заңды тұлғаларға 200 мың рубльге дейін айыппұл салынатын болды.

SIM-картаны сатушы сатып алушымен ресми келісімді бекітіп, оның көшірмесі 10 күннің ішінде байланыс операторына тапсырылуы тиіс. Сонымен қатар байланыс операторы абоненттен келіп түскен мәліметтердің дұрыстығын тексеруге жауапты.

Белгілі болғандай, бұл шаралар тіркелмеген SIM-карталарды пайдаланатын алаяқтардың іс-қимылына тосқауыл қоюға мүмкіндік береді.

● Қуатты – армия, қуатты – Қазақстан

«ҰЛАН» қатарын толықтырды

Сенбі күні І. Жансүгіров атындағы ЖМУ колледжінің мәжіліс залында облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен Сарбаз күні өткізілді. Шараға Талдықорған гарнизонына қарасты әскери бөлім командирлері, «Нұр Отан» партиясының өкілдері, ардагерлер ұйымы мен мектеп оқушылары шақырылды.

Мемлекеттік Гимнмен басталған жиынды ашқан департамент басшысы, полковник Мұрат Дарманқұлов кезегі шақырылымда облысымыздан аттанғалы отырған сарбаздардың алғашқы легі бар жігіттің арманы болған Республикалық «Ұлан» гвардиясында өз қызметін атқаратындығын атап өтті. Бүгінде тікелей Елбасына бағынатын элиталық әскер қатарына облысымыздан 26 сарбаз іріктеліп алынды. Тепсе темір үзетін Жетісу жігіттеріне ақжолтай тілеген жеткізген Мұрат Елтайұлы Отан алдындағы міндетін абыроймен орындап, елге аман-есен оралуын тіледі.

Келесі кезекте сөз алған Ауған соғысы ардагерлері ұйымдары үйлестіру кеңесінің төрағасы Ержан Данабеков жастық шағын еске алып, жат елдің топырағын алғаш басқан жылдар жайлы баяндады. Тарихы терең қазақ халқының намысын арқалаған 22 мың сарбаз өзге елдің кемел келешегі үшін қан төгіп, талай боздақ Ауған топырағын құшқандығын жеткізген ардагер, бүгінгі бейбіт өмірдің құндылығына тоқталып, осы тыныштықты сақтау сарбаздарға жүктелген аманат екенне ерекше тоқталды.

Шара барысында мінбеге шыққан «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалының саяси-қоғамдық бөлімінің жастар саясаты жөніндегі кеңесшісі Жайық Оханов, билик партиясы атынан сөз алып, салмақты ой, ақжолтай тілеген жеткізіп, естелік сыйлықтар тапсырды. Шараның ресми бөлігі Қ. Байсейітов атындағы саз колледжінің шәкірттері ұсынған концерттік бағдарламаға ұласып, шараның шаттығын арттыруға Талдықорған әскери гарнизонының шығармашылық ұжымдары да белсене атсалысты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 2013 жылдың 23 қаңтарындағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру және зейнетақы жүйесін жаңғырту бойынша берген тапсырмасын орындау мақсатында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» және «Қазақстан Республикасында міндетті өлеуметтік сақтандыру туралы» Заңдары жаңа редакцияда қабылданды.

● Әлеумет

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІН жаңғырту туралы

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың мақсаты мен ерекшеліктері: зейнетақы төлемдерінің алдыңғы табыска және еліміздегі өмір сүру деңгейіне сәйкестігін; зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету (зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылатын ағымдағы табыстар мен резервтердің, сондай-ақ бюджет қаражатының және өзге түсімдердің зейнетақы төлеу бойынша шығыстарға үлесі сәйкес келуі).

Зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерінің ерекшелігі бүкіл және әрбір адамға қатысты болатындығында: бұл бүгінгі зейнеткерлерді де, зейнетке шығу құқығына әлі ешбек сіңіретіндерге де, әйелдер мен ерлерге; жұмыс істейтіндер мен жұмыссыздарға, азаматтық тұрғындар мен әскерилерге қатысты.

Осыған орай, алдағы өзгерістер мемлекет, жұмыс беруші және тікелей азаматтардың арасында қаржтті қамтамасыз етуге жауапкершілікті болуды көздейтін адам мүддесі үшін жүзеге асырылады.

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың бағыттары:

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру.

2. Әйелдердің зейнеткерлік жасын 2018 жылдан бастап кезеңкезеңмен ұлғайту.

3. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына ауыстыру.

Биылғы 1 тамызда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) құрылып, Қазақстан Республикасының Үкіметі оның құрылтайшысы мен акционері болып белгіленеді.

БЖЗҚ құрудың мақсаты мен басымдықтары:

– міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) түсімдерінің және зейнетақы активтерін пайдаланудың тиісті есебін қамтамасыз ету;

– инвестициялық стратегияларды жетілдіру және зейнетақы активтерінің табыстылығын арттыру, әкімшілік шығыстарды азайту;

– түрғындардың зейнетақы жинақтарын қалыптастыру және оның қозғалысының барынша тазалығын қамтамасыз ету.

БЗЖҚ барлық зейнетақымен қамсыздандыру шарттары бойынша құқықтық мирасқор болып табылады және жеке жинақтаушы зейнетақы қорлары арасында бодинген барлық зейнетақы активтерін шоғырландырады.

Салымшылардың жеке зейнетақы шоттарын және олардың зейнетақы жинақтарын зейнетақы қорларынан аудару биылғы қыркүйектен бастап кесте бойынша салымшылардың өз зейнетақы жинақтарына меншік құқығы сақтала отырып, толық көлемде жүзеге асырылатын болады.

БЖЗҚ-ның негізгі міндеттері:

– міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және салымшының қалауы бойынша ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) тарту;

– салымшылардың жеке зейнетақы шоттарын есепке алу;

– салымшыларға шоғырландырылған зейнетақы жинақтарын есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру;

– МЗЖ қатысушыларды қамтуды кеңейту;

– халықты жеке зейнетақы шотындағы қаражат туралы ақпараттандыру арқылы қаржылық сауаттылықты арттыру.

Өлеуметтік зейнеткерлік жасын арттыру 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еңбек өтілінің азаюына байланысты. 2012 жылы зейнетақы тағайындау үшін өтініш білдірген әйелдердің 12%-дан астамы 1998 жылғы 1 қаңтарға жинақталған толық еңбек өтілі жоқ, ал 2018 жылы зейнетке шығатын әйелдердің барлығында толық өтіл болмайды.

Бұл 2018 жылдан кейін зейнетке шығатын әйелдердің зейнетақысы:

– базалық зейнетақыны;

– 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілінде сәйкес бюджеттен ынтымақты зейнетақыны қамтитын болады. Бұл ретте еңбек зейнетақысының мөлшері толық емес еңбек өтіліне байланысты жыл сайын бекітілетін ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен болуы мүмкін;

– зейнетақы жинақтарына сәйкес салыстырмалы түрде жазған мөлшерде ЖЗҚ жинақтау зейнетақысын қамтитын болады.

Мұндай жағдайларда, **зейнетақы жасын біріздіру** бюджет қаражатын үнемдеу үшін емес, **әйелдердің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін және зейнетақы жинақтарының көлемін арттыру үшін** ұсынылады, бұл тиісінше ЖЗҚ алынатын зейнетақы мөлшерінің артуына алып келуі тиіс.

Еңбек жағдайлары ерекше жұмыста істейтін адамдардың жұмыстарының ерекшеліктерін ескере отырып 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына (МКЗЖ) ону жүзеге асырылатын болады.

Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдардың дербес зейнетақы шоттарына 15 пайыз зейнетақы жарналары түсетін болады, оның 10 пайызы қызметкердің өзінің еңбекақы төлеу қорынан және 5 пайызы жұмыс беруші есебінен жүргізіледі. Бұл олардың жүйеге үздіксіз қатысқаны (30 жылдан кем емес) және жүйелі түрде аударғаны (жылына 12 рет) кезінде зейнетке ерте шығуы үшін жеткілікті зейнетақы жинақтарына мүмкіндік береді.

Бұл ретте жұмыс берушіге де жүктеме азаяды, өйткені кәсіптік зейнетақы жарналарына төленетін сома салық төлемдерін жүзеге асырған кезде шегерімге жатқызылады.

Ж. ДӘЛІБАЕВ,
Алматы облысы бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті директорының орынбасары.

ЖЕР-ЖАҺАН
Әлем жаңалықтары







Суреттерді түсірген Асқан ҚАЖЕКЕ.

Құттықтаймыз!



"Ел болам десең, бесігіңді түзе" демекші, бүлдіршіндерімізді тәрбиелеп, мәпелеп өсіруге өз үлесін қосып жатқан Талдықорғандағы №7 балабақша ұжымының жетекшісі **Ұлтуар МҰХАМЕРҚЫЗЫН** түгін күпімен құттықтаймыз!

Меңгерушінің ұқыптылығы мен талапшылдығының арқасында мекеме іші қашанда таза, жинақы. Балаларымызды ой ұшқырлығына, білімге талаптандыруда тәрбиешілер мен Ұлтуар апайдың еңбегі зор. Ұлтуар Мұхамерқызына зор денсаулық, талмас талап, қажымас қайрат тілеп мына өлең жолын арнаймыз:

Балаңдарға көрсететін арайлы із,
Өзіңізді бақытты деп санаймыз.
Жетістіктен бағындырған биікті,
Жеңісіңізді көрсек дейміз талай біз.
Ең бастысы, денсаулығыңыз мықты боп,
Арамызда жүргеніңізді қалаймыз!

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: №7 балабақшасы "Аққу" тобының бүлдіршіндері мен ата-аналары.

Білікті білгі

● *Жақсының жақсылығын айт...*

Білім мен ғылым дейтін ұшы-қиыры жоқ кеңістікте өзіндік қолтаңбасын қалдырып, айналасына білімнің шам-шырағын жағып жүрген өмірі өнеге ұстаздар аз емес. Солардың бірі – қырық жылға жуық білім саласында аянбай тер төгіп келе жатқан Гүлнар Құдайбергенқызы БЕЛГІБЕКОВА.



Біз көбінде ғылым мен білімді қатар қоямыз. Бірақ ғылым дегеніміз тек білім жинақтарынан тұрмайды, ғылым теориялық білімді тәжірибеде қолданып, оның нәтижесін көздейді. Ал осы жаңалық міндетті түрде болашақ жастардың кәдесіне жарауы, оларға қызмет етуі тиіс. Осы тұрғыдан келгенде бүл күндері І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті педагогика және психология факультетінің, педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы Гүлнар Құдайбергенқызының үрпақ тәрбиесі мен білім саласындағы басып өткен жолы өрелі де өнегелі деуге әбден болады.

Адам өзінің өмірлік жолын ой елегінен өткізіп, атқарған істеріне есеп беретін кезі келеді. Өйтсе де жас үрпақты тәрбиелеу, білім беру жолында қиындыққа ері қуанышқа да толы 40 жылға жуық педагогтық қызметінің нәтижесінде Г. Белгібекова еңбегінің зейнетін көретін жасқа да жетті. Ол 16 қараша 1953 жылы Талдықорған облысы, Гвардия ауданы, Доланалы селосында жоғары білімді мұғалімдер отбасында дүниеге келген. Доланалы сегіз жылдық мектебін бітіріп, Панфилов қаласындағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын үчилищеге оқуға түсіп, оны табысты бітіріп шықты. Облыстық білім басқармасының жолдауымен Қапал ауданы, Көшкентал орта мектебінде мұғалімдік қызметін атқарды, отбасы құруына байланысты Талдықорған қаласына ауысып, ондағы №1 қазақ мектеп-интернатында мұғалімдік қызметті жалғастырды. Жұмыс істей жүріп І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтына түсіп, «Мектепке дейінгі педагогика және психология» мамандығы бойынша жоғары білімге ие болды. Осы кезеңде алғаш Талдықорған қаласында жалпы білім беретін № 18 қазақ мектебі ашылып, орыс мектебінен ауысқан орыс тілді қазақ балаларын оқытуға алғашқылардың бірі болып кірісті. Ол оқытқан бастауыш сыныпқа баласын оқуға берем деушілердің саны өте көп болды.

Сол кезде осылайша балаларымызды оқытуға мұғалім таңдаймыз деп ешқашан ойламаппыз, осы университетте қызмет істейтін 3-4 ата-ана баламыздың болашағы үшін білімді, іскер, шығармашыл мұғалім таңдауына тура келді, ол мұғалім – Гүлнар Құдайбергенқызы еді. Біз бастапқы айларда балаларымыздың сабағына жиі қатысып, Гүлнар Құдайбергенқызының кәсіби шеберлігіне, оның ұйымдастырушылық қабілетіне, шәкірттеріне деген ерекше жылы ықпалына тәнті болдық. Осындай кәсіби қабілетін жаңашылдыққа құлшынысын мектеп басшылары танып-біліп, оны директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындады.

Мектепте жұмыс істеген жылдарында шығармашылық еңбегі жоғары бағаланып, қалалық, облыстық білім беру басқармасының Грамоталарымен және Қазақ ССР Білім беру министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1992 жылдары І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетіне Гүлнар Құдайбергенқызын педагогика және психология пәндерінен қазақ тілінде дәріс оқитын маман ретінде шақырылып «Дене тәрбиелеу мәдениетінің ілімі мен әдістемесі» кафедрасына педагогика және психология пәндерінің аға оқытушысы қызметіне тағайындалды. Осы үзіліссіз еңбек жолында Гүлнар Құдайбергенқызы білімгерлерді тәрбиелеу, білім беру жолында еш аянбастан қызмет атқарып жүр. Ол университетте оқитын барлық мамандық топтарына педагогика және психологиядан дәріс, семинар, практикалық сабақтарды нәтижелі жүргізіп, білімгерлердің ілтипатына бөленген педагог. Гүлнар Құдайбергенқызы сабақ беретін мамандық білімгерлері жыл сайын мемлекеттік аралық тест тапсыру кезінде педагогика және психология бойынша жоғары көрсеткіштерге ие болып жүр. Білімгерлердің ғылыми-зерттеу конференциясында Г. Белгібекова жетекшілік еткен білімгерлер үнемі жүлделі орындардың иегерлері. Кафедра ұжымындағы ерінтестері арасында сыйлы, жас мамандарға кәсіби бағыт беруші тәлімгер ұстаз.

Осы жылдарда Г. Белгібекова 38 ғылыми еңбек жазды. 2001 жылы «Педагогика пәнінен семинар сабақтарына әдістемелік нұсқау», 2004 жылы «Студенттерді кәсіби мамандыққа даярлауда психология пәнінен семинар сабақтарына әдістемелік нұсқау», 2007 жылы «Педагогика пәнінен сырттай оқу бөлімінің студенттері үшін бақылау жұмыстарын орындауға арналған әдістеме» еңбектері жарық көріп, білімгерлер оны кеңінен пайдалануда.

Біз осы университетте Гүлнар Құдайбергенқызымен 21 жыл бірге оқытушылық қызмет атқарып келеміз, біз оны терең білімді, үнемі ізденісте жүретін шығармашыл педагог ретінде танимыз. Жұбайы Белгібеков Ербосын Сырдарбекұлымен қырық жыл отасып, екі ұл, бір қыз өсіріп, төрт немеренің қызығына бөленіп отыр.

Ұстаздық қызметті абыроймен атқарып, өз өмірін игілік жолына бағыттаған Гүлнар Құдайбергенқызы – таразы басын тең ұстап, ұстамдылық ұлағатын, адамгершілік қасиеттерін паш еткен нағыз ұстаз. Оң кісінің ең үлкен ерекшелігі қарапайымдылығы. Білім нәрімен сусындатқан өрбір жасқа кез келген уақытта кеңесін аямайтын адамгершілігі мен ұстаздық шеберлігі өз алдына бір төбе. Міне, осындай күресте толы ғұмырды басынан кешірген Гүлнар Құдайбергенқызы 60 жасқа толған мерей тойын атап өтпек. Ию, өзінің өмір жолын түгелдей үрпақ тәрбиесіне арнаған, білімге адал, ары таза ұстаз туралы айтар сөз көп. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» деп теги айтылмаған Осындай жақсы адамның ортамызда жүргені болашақ үрпақ үшін зор мәртебе. Игілікті іс атқарып отырған өмері өнеге, ұлағатты ұстаз Гүлнар Белгібекова өлі де болашақ мамандарды даярлау мен білім беру жолында қажымай, талмай пайдалы істер атқаратынына зор сенім білдіріп, шығармашылық табыс тілейміз.

Х. НАУБАЕВА,
ЖМУ педагогика және психология факультетінің деканы.

АҚ ДАСТАРҚАН – 2013

Облыстық кәсіпкерлік басқармасының ұйымдастыруымен Талдықорған қаласындағы «Шағала» мейрамханасында өткен «Дұрыс тамақтану – ұлттың саулығы» атты «Ақ дастарқан – 2013» байқауы мәресіне жетті.

Тату үйдің тамағы тәтті

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Ию, облысымыздағы барлық қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын ынталандыру, қызмет көрсету сапасын жақсарту, сондай-ақ, тұрғындарға қондитер, аспаз, даяшылық мәнмәдіктерін насихаттау, жарнамалау және тәжірибе алмасу мақсатында он жылдан бері үздіксіз өтіп келе жатқан байқаудың ауқымы да арта түскен. Облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Төлеген Шойынбековтың айтуынша, жылдан-жылға атағымыз байқауға қатысуға ниет білдіргендердің қатары көбейген. Өткен жылы байқауға 21 кәсіпорын қатысып, шеберлерді анықтаса, биыл бұл сан 23-ке артқан. Сонымен бірге, алғашқы жылдары дайын өнімдер көрсетілсе, қазіргі күнде аспаздар дайындаған жаңа бағыттағы тағамдар көздің жауын алады. Ал кезінде өзге ұлттардың тағамдары басым болса, бүгінде байқауға қатысатын қазақтың ұлттық тағамдарының саны артқан. Яғни, түрі мен мазмұны күн сайын артып, кемелдене түскен.

Жоғарыда айтқандай биылғы байқауға 23 команда қатысты. Әр топ 1 жеткенде екі аспаз, бір даяшы, жалпы төрт адамнан құрам тапқан. Байқаудың талабы бойынша аспаздар АРТ-класс өнімін дайындап, келушілерге үлгі ретінде көрсетіп және қазылар алқасының бағалауына ұсынды. Сонымен қатар, мерекелік фуршеттік дастарқанды мейрамханада жасап, бір салиқын басқты, екі сапат, бір десерт түрін, екі түрлі сусын дайындады. Қатысушылар аспазынан өз қалауы бойынша тағы басқа да тағам дайындағандар да болды. Бірақ, ол байқауға қатыстырылмады, тек көрермен көзайымына айналды. Ал даяшылар дастарқан басында қонақтарға қызмет көрсету тәжірибесі бойынша сынға түсіп, кондитерлер салмағы 3 кг - нан аспайтын торт дайындады.

Жалпы, байқау өте жоғары деңгейде өтті деуге болады. Көрермендерді негізінен қазақтың ұлттық тағамдары көп қызықтырды. Әсіресе, Қарасай, Қаратал аудандарынан келген үміткерлердің жайған дастарқаны. «Міне, осылай болуы керек қой», – деген ойға арқау болғандай болды. Бұл сырт көздің пікірі еді. Алайда, қазылар алқасының шешімі де хайлайлықтың ойынан алыс кетпеді. Нәтижесінде командалық есеп бойынша Қарасай ауданының «КНАМА PARK» мейрамханасы бас жүлдені жеңіп алса, «Үздік аспаз» номинациясын Қаратал ауданындағы «Пад» кафесінің аспазы Галина Меркурбанова, «Үздік даяша» номинациясын Еңбекшіқазақ ауданындағы «Шосс» мейрамханасының даяшысы Ермек Қанаев, «Үздік кондитер» номинациясын Қарасай ауданындағы «Бураул» супер маркеттің кондитері Татьяна Бушкова иеленді. Жеңімпаздарға облыс әкімінің дипломы мен ақшалай сыйлықтар берілді. Өзге қатысушылар да өз дәрежесінде марапатқа ие болды. Сондай-ақ, қаламыздағы басқа қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары байқауға қатысқан әріптестерге сый-сияпат ұсынып, шараның шаттығын еселей түсті.

● *Мектеп – мемлекет тірегі*

Бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі жас үрпаққа заман талабына сай білім беру. Міне, осы талап үдесінен шыққан Гүлбану Нүсіпқожаева басқаратын Жамбыл атындағы орта мектеп оқушылар мен ата-аналардың сұранысын өтеп, талғамынан шығуда. Мектеп заман талабына сай әсем безендірілген. Мұндағы спорт, мәжіліс залдары, медициналық бөлме, шеберхана, кітапхана, интерактивті тақта орнатылған биология, мультимедиялық жаңа тақталармен жабдықталған пән кабинеттері оқушылардың алаңсыз білім алуына мүмкіндік туғызып отыр.



Ұяқытпен үндескен

Мектепте желтоқсан құрбаны Ләззат Асановның мұражайы бар. 1 қыркүйек күні «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері келіп, мектепке Ләззаттың ескерткіш тасын орнатты. Сонымен бірге зейнеткер ұстаз Қ. Ысқақованың бастамасымен Дәңқ мұражайы ашылған. Жазушы Б. Нұржанұлы атында кабинет бар.

Биылғы оқу жылында алғаш рет өткізілген С. Иманасов оқуына 10-сынып оқушысы Жайнар Қожа қатысып, аудандық және облыстық сында І орынды жеңіп алды. Ауандық Ілияс оқуында І орын алса, облыстық, байқауда Алғыс хатпен марапатталды. Мектепте 257 оқушыға 40 ұстаз сабақ береді. Мұғалімдер білім жетілдіру курсынан өтіп тұрады. Үш айлық курстан физика пәнінің мұғалімі С. Құлжанова өтіп, өз істәжірибесімен бөлісуде. Мектеп жанында «Бастау» атты шағын орталық жұмыс істейді. Қазіргі таңда онда 2 тәрбиеші қызмет етіп, 25 баланы тәрбиелеуде. Мектепте жеті бірлестік жоспарлы түрде жұмыс жүргізеді. Мұндағы қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігіне ерекше тоқталуға болады. Бірлестіктегі А. Қалиева мен А. Сембаева тәжірибелі, білімді ұстаздар. Оқытып, тәрбиелеген шәкірттері биктен көрінуде. Атап айтсақ, ақын қызымыз Инабат Нұрмолдаева аудандық қазақ тілі және әдебиеті пәнінің олимпиадасының, аудандық, облыстық Абай оқуының ІІ орын иегері және «Жарқын болашақ» қазақ тілі пән олимпиадасында ауданда және облыста І орын алып, Астана қаласында ІІ орынға ие болған. Күміс медаль және грант иегері атанып, қазіргі уақытта С. Демирел атындағы университетте білім алуда. Айгүл Қалиеваның шәкірті Зарина Жақсытаева өткен оқу жылында А. Иассауи оқуына қатысып, аудандық сында І-орынға қол жеткізсе, облыста Алғыс хатпен марапатталды. Алматы қаласында өткен V республикалық Мұқағали оқуына 9-сыныптан қатысқан оқушысы Балқия Тұрсынқан ІІІ орын иеленген. Білім негізі бастауышта қаланады. Бастауыш сынып мұғалімі Б. Найзабекованың жетекшілігімен оқушысы Ақжүніс Қадылбаева «Ауылым – алтын бесігім» атты ғылыми жұмыс қорғап, 2-дәрежелі дипломға ие болды.

Кіші ғылым академиясында «Сарғайған хаттар сыр шертеді» тақырыбында ізденіс жұмысын ортаға салған Динара Батталғазина 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Оның жетекшісі, бастауыш сынып мұғалімі Г. Шымырбекова аудандық «Жыл мұғалімі – 2013» байқауында ІІ орын иеленді. «Золотое руно» интеллектуалды ойынында 8-сынып оқушысы Әлжан Ақжол І орынды, «Кенгуруда» 4-сынып оқушысы Анар Жұмағұл ІІ орынды жеңіп алды. Оларға жетекшілік еткен ұстаз Маржан Балабекованың да есімін ілтипатпен атап қойған орынды.

Аудандық олимпиадаға математика пәнінен қатысқан Гүлфариза Бауаш ІІ орын, физикадан 7-сынып оқушысы Ғалия Бекдәулет ІІ орын жеңіпазы атанды. Оларды баптаған пән мұғалімі А. Шәтімбекова мен Жанысбек Қадыров – мектептің белді ұстаздары. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ә. Нұрбекқызының басшылығымен мектепте түрлі іс-шара өткізіліп тұрады. Тәрбие саласы бойынша өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын сынып жетекшілері қатарында А. Сембаева, А. Нүктебаева, Ж. Алексеева, Ж. Жанысбаева, Б. Базарбекова, П. Мұстапаеваны ерекше атауға болады. Мектептің ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатылған. Соған орай «Мектепке жол» акциясында ауыл азаматтары, ата-аналар, ауыл әкімі Н. Темірбаев қолдап, демеушілік көрсетті.

2012 – 2013 оқу жылында мектеп бітіруші 20 түлектің 19-ы ҰБТ тапсырып, 9 оқушы грантқа, 9 оқушы ақылы оқуға түсті. Мұның өзі мектеп үшін ауыз толтырып айтарлық жетістік. Оқушыларды ҰБТ-ға даярлаған математика пәнінің мұғалімі З. Сейдахметованың «Ондық бағдаршегін қосу» атты тақырыптағы сабағы «Нәтижеге бағдарланған білім берудегі педагогикалық ізденістер» атты кітапшаға енген. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ж. Алексеева жастар арасындағы «Тіл шебері – 2013» байқауына қатысып, ІІ орынға ие болған жас маман.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда мектепте денсаулық фестивалі, түрлі жарыстар өткізіліп тұрады. Атап айтар болсақ, Р. Омашев «Жүзден жүйрік» эстафеталық жарыс, Қ. Қарамысов «Толағай» көпқұлді отбасылық ойын өткізді. Округ көлемінде өткізілген футболдан жолдастық кездесуде мектеп ІІІ орын алды. Бүгінде алты үйірме жұмысы жолға қойылған. Мектеп ұжымы мен оқушыларының осындай жетістікке жетуіне мектеп директоры Гүлбану Нұрсапақызының қосқан үлесі шексіз деуге болады. Болашақта бұдан да жақсы нәтижелерге жетіп, биктен көрінерне сеніміміз зор.

Ерқалым БОРАНБАЙ.
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

«Алматы облысының кәсіпкерлік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 24-76-90.

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ-НАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ЖЕДЕЛ НЕСИЕ – өтініштің қаралуы 5 күн

Пайыздық ставкасы *– жылдық 5,8%*
(субсидия ескеріле отырып)
Қаржыландыру мерзімі *– 5 жылға дейін*
Аванстық төлемі *– техника құнының 30% бастап*

Б/П ТЕХНИКА ЛИЗИНГІ

Пайыздық ставкасы *– жылдық 12,8%*
Қаржыландыру мерзімі *– 10 жылға дейін*
Аванстық төлемі *– техника құнының 15% бастап*

"ҚазАгроҚаржы" АҚ Алматы облысы бойынша филиалы
Талдықорған қ., Гвардия к., 135/140 үй
Телефон: +7(7282) 594403, 594404
E-mail: almaty@kaf.kz

"ҚазАгроҚаржы" АҚ Алматы қаласы бойынша филиалы
Алматы қ., Әуезов ауд-сі, 59А, «Шар-өтіс» БО, 9 кабинет
Телефон: 8(7272) 58-11-04
E-mail: credit_alm2@kaf.kz

WWW.KAF.KZ

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

По закупам изделий медицинского назначения и расходных материалов на проведение операций на открытом сердце, аортокоронарному шунтированию, на коронарографические исследования со стентированием,на 2013 год из республиканского бюджета

ГКП на ПХВ «Областной кардиологический центр» ГУ «Управления здравоохранения Алматинской области» акимата Алматинской области», г. Талдыкорган, объявляет о проведении тендера по закупу комплектов расходных материалов для проведения операций на открытом сердце, аортокоронарному шунтированию, на коронарографические исследования со стентированием, на 2013 год из республиканского бюджета

Полный перечень закупаемых товаров, их подробная спецификация, сроки и место поставки указаны в тендерной документации.

Товар должен быть доставлен в ГКП на ПХВ «Областной кардиологический центр» г. Талдыкорган, ул. Индустриальная, 3.

К тендеру допускаются все потенциальные поставщики, отвечающие квалификационным требованиям, указанным в пп.8-9 «Правил организации и проведения закупа лекарственных средств, профилактических (иммунобиологических, диагностических, дезинфицирующих) препаратов, изделий медицинского назначения и медицинской техники, фармацевтических услуг по оказанию гарантированного объема бесплатной медицинской помощи», утвержденных постановлением Правительства РК от 30.10.2009 года № 1729.

Пакет тендерной документации можно получить в срок до 12.00 часов **26 ноября** 2013 года включительно по адресу: г. Талдыкорган, ул. Индустриальная 3, кабинет 111. Потенциальные поставщики должны пройти регистрацию в журнале регистрации на получение тендерной документации.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются в ГКП на ПХВ «Областной кардиологический центр» ГУ «Управления здравоохранения Алматинской области» г Талдыкорган ул. Индустриальная 3, кабинет 111

Окончательный срок представления тендерных заявок: **27 ноября 2013 года до 10 час. 00 мин. по адресу: г. Талдыкорган, ул. Индустриальная 3, кабинет 111.**

Конверты с тендерными заявками будут вскрываться **в 10 час.30 мин. 27 ноября 2013 года по адресу: г. Талдыкорган, ул. Индустриальная 3. кабинет 110.** Потенциальные поставщики могут присутствовать при вскрытии конвертов с тендерными заявками.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: 8 (7282) 23 50 03, 8 (7282) 23 47 17 .

Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық кардиологиялық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2013 жылға коронография және коронора артерияларының стенттерін қою үшін және ашық жүрек операциясына арналған медициналық құрал-жабдықтарын кешенді көлемде тегін медициналық көмек көрсетуге сатып алуға тендер өткізуі туралы хабарлайды.

Жеткізу орны: Талдықорған қаласы, Индустриальная көшесі, №3 үй. Мерзімі тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Сатып алынатын тауарлардың толық тізбесі, олардың саны мен жалпы ерекшелігі, толық мекенжайы мен телефондары тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерге 2009 жылғы 30 қазандағы Қазақстан Республикасының Кепілді көлемде тегін медициналық көмек көрсету бойынша фармацевтикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, зарарсыздандыру препараттары), медициналық бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық көмек дәрі-дәрмектерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу Ережесін іске асыру №1729 қаулысында көрсетілген біліктілік талаптарына жауап беретін әлеуетті жеткізушілер жіберіледі.

Тендер құжаттамаларын көшірмесі пакеттерін **2013 жылдың 26 қараша айының** тендерлік құжаттарды алуға болатын мерзім: **Талдықорған қаласы, Индустриальная көшесі, 3, № 111-бөлмеде сағат 12.00-ге дейін.** Тендерлік құжаттар пакеті тегін беріледі. Әлеуетті жеткізушінің өкілінде тендер құжаттамаларын көшірмелерін алу үшін өкілеттігін растайтын құжаты болуы тиіс. Тендерлік құжаттар пакеті тегін беріледі.

Тендерге қатысуға бейіл білдірілген, конверттерге салынып желімделген тендер өтінімдері әлеуетті жеткізушілер Талдықорған қаласы, Индустриальная көшесі, 3, № 111-бөлме мекен-жайында орналасқан Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық кардиологиялық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдер тапсырудың соңғы мерзімі **2013 жылдың 27 қараша күні, сағат 10.00-ге** дейін.

Өтінімдер салынған конверттер **Талдықорған қаласы, Индустриальная көшесі, 3, № 110 бөлме мекенжайында 2013 жылғы 27 қараша күні сағат 10.30-да ашылады.**

Қосымша ақпараттар мен анықтамалы:
8 (7282) 23 47 17, 23 50 03 телефоны бойынша алуға болады.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Педагогика және психология факультетінің «Дефектология» мамандығы бойынша студенті **Ермекова Айдананың** атына берілген студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

Директор – бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелді.
Газет алтасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.
Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жауапты беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

Кезекші редактор: Ришад ТҰРҒАНБАЕВ.

КӨЛЕМІ – 2 БАСПА ТАБАҚ. ТАПСЫРЫС – 1511. ТАРАЛЫМЫ – 41 012. ИНДЕКСІ – 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс – 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары – 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы – 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 24-32-43, білім және ғылым бөлімі – 24-30-57, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі – 24-29-82, жарнама бөлімі – 24-29-82. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда – 2-12-57, Панфилова – 9-12-27, Райымбекте – 2-22-05, Іледе – 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

ЕЛІ ТАБЫСТЫ, АЗАМАТЫ НАМЫСТЫ АҒЫНДЫ АҚСУ

БІЗДІҢ ӘКІМ

«Жетісудың» 7 сауалы

Ақсу ауданының әкімі Әділбек ДАЛБАГАЕВҚА



– ОСЫ ОРЫНТАҚҚА ОТЫРҒАЛЫ АУДАНДА ҚАЙДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ?

– «Жалпақ жұртынды, несі алаңынды құрметтеу – алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады», – деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, Ақсу өңірінің данкты тарихы мен ардақты азаматтарын бір адамдай танысам да, осы ауданға келген уақыттан бері тамыры терең нағтақа тарихи өлкеге бір табан жақындай түстім десем артық айтқандық болмас. Өңірге қарасты ауылаймақты аралап, тыныс-тіршілігі және азаматтарымен таныстым. Олармен етене жақын қарым-қатынас орнатып, елдің күнделікті өмірдегі сұраныстарын білдім, өткарылуға тиісті шаруа жөніндегі ойларымен бөлістім. Бүгінде экономиканы дамытуда ауқын тынысында оңды өзгерістер байқалады. Мәселен, «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында Жансүгіров, Қопа, Матай, Тәусамалы елді мекен жұртшылығын таза ауызсумен қамтамасыз ету бағытында бірталай шаруа қолға алынып, жүзеге асырыла бастады. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін аяқталып, пайдалануға беріледі деген үміттемін. Сонымен бірге, мәдениет саласын жаңғыртуда Сағабүйінен ауылындағы Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігіне берілді. Сол сияқты, денсаулық сақтау мен білім саласы бойынша да өткарылып жатқан істер аз емес. Мәселен, Кеңқыра, Есеболатов, Ақсу ауылдық округтеріндегі амбулаториялар мен Матай орта мектебінде күрделі жөндеу жүргізілді. Ал ауыл шаруашылығы саласы бойынша бос жатқан жерлерді анықтап, нақты игере алатын шаруашылық иелерине беруді жүзеге асырып келеміз. Сондай-ақ, күздік бидай және арпа алқабын көбейтіп, көкөніс, картоп, бау-бақша егетін жер көлемін ұлғайтуды мақсат тұтып отырмыз. Мұнымен қоса, ауыл тазалығын сақтауға мән беріп, еңбек ұжымдары қазір осы бойынша жұмыла іс аткаруда.

– АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫҢЫЗ ҚАНДАЙ?

– Кез келгеннен дұрыс қарым-қатынаста болу білу – мен үшін маңызды міндеттің бірі. Жалпы, кісінің іс-әрекеті мен сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы-ақ оның кім және қандай ортадан шыққандығынын көп мағлұмат берсе керек. Яғни, кісінің қандай болмағы отбасында алған тәрбиесі мен айналасын қоршаған ортаға тікелей байланысты ма деймін. Сондай-ақ, кез келген жағдайда өз-өзінді сабырға шақырып, ұстамды болу білу де әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Қалай десек те, адам бойындағы ізгіліктің бәрі рухтан тумындайды, ана сүтімен дариды. Және басым көпшілік мен кездесіп, және тәртіп жағына көп мән беретінді жөн көремін. Әсіресе, жастар бойынан еңбеккорлық пен тынықтылық, адалдық сияқты қасиеттерді көп көргім келеді. Сондай-ақ, олар күрмеуі қиын күрделі мәселелерден ат тонын ала қашпай, керісінше оның оң шешілу жолдарын қарастырып, сол жолда талмай еңбек етсе, жұмысқа аса жауапкершілікпен қарап, көп ұзамай-ақ жауапкершілікті маман ретінде танылары сөзсіз деймін. Кейде жұмыс барысында қызметкерлерге түсіністікпен қарап, олардың жақсы тұсын ашуға тырысамын. Өзімді соған жігерлендіремін. Қай кезде болмасын өмірдің ащы-тұщысы мен тәттісі қатар жүретіні анық. Сондықтан, жақсы кездерге масаттана бермей әрқилы қиындыққа төтеп беріп, кері шегінбестен алға қойған максатқа жету жолында өзіңді көрсете білуге ұмтылу керек деп ойлаймын. Жалпы, адамы ұстаным деп қиын жағдайда қол ұшын созып, көмек көрсете білуі деп түсінемін.

– МӘДЕНИЕТТІ АДАМ ДЕП КІМДІ АЙТАР ЕДІҢІЗ?

– Мәдениет дегеніңіз ауқымы кең және оның тамыры терең жатыр. Бұл сөзді күнделікті тұрмыста жиі айтамыз, кеңінен қолданамыз. Шын мәнісінде, мәдениет – адам іс-әрекеті мен саналы қызметінің көрінісі. Көбіне мұны тәрбие және білімнен тығыз байланысты десем артық айтқандық болмас. Мұнысыз адам ешуақытта мәдениеттілер санатында бола алмайды деп ойлаймын. Осы екеуін дұрыс ұштастырып, шебер қолдана білгенде ғана мәдениеттілктің белгісі айқындала түспек.

– КЕҢСЕДЕН ТЫС УАҚЫТТА СІЗ ҚАНДАЙСЫЗ?

– Қарапайыммын. Сол қалпымды сақтай отырып, отбасы және жора-жолдастарымнен табиғат аясында серуендеп, демалғанды жақсы көремін.

– СҮЙІКТІ КЕЙІПКЕРІҢІЗ, ӘНШІҢІЗ, АКТЕРІҢІЗ?

– Айтады ғой, «Жүректен шыққан ән ғана жүрекке жетеді» деп. Сол айтпақшы, тыңдаушы мен көрермен жүрегін ерексіз елтіп жеткізіп Алтынбек Қоразбаев, Мейрамбек Бесбаев сияқты әншілердің өнерін жоғары бағалаймын. Асанәлі Әшімов, Тұрғынбай Жұманқұлов секілді өзіне бергілеп ерекше жанашырлық танытқан, жүрегі жылы, адамгершілігі мол, ізгі ниетті, кең пейілді, ақсақал әртістерге де құрметім ерекше.

– МЕКТЕПКЕ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНА БАРАСЫЗ БА?

– Мен үшін бала тәрбиесі – бірінші кезектегі мәселе. Ал оның басым бөлігі мектепте беріледі. Сол үшін ол – тәрбие мен білімнің қайнар көзі, ордасы болып саналады. Сондықтан жұмыс барысымен мүмкіндігінше ата-аналар жиналысына қатысуға тырысамын. Өзімді соған міндеттендіремін. Ата-аналармен ашық, сырлас болуға тырысамын. Өзімді соған міндеттендіремін. Ата-аналармен ашық, сырлас болуға тырысамын. Өзімді соған міндеттендіремін. Ата-аналармен ашық, сырлас болуға тырысамын. Өзімді соған міндеттендіремін.

– ҚАНДАЙ ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІН ОҚИСЫЗ? «ЖЕТІСУҒА» ТІЛЕУІҢІЗ БАР ШЫҒАР?

– Басты басылымның бірі, ел газеті «Егемен Қазақстанды» үзбей оқимын. Сонымен қатар «Ана тілінде» газетін тыс қалдырған емеспін. Мәселен, онда мемлекеттік тіл тағы емес, сондай-ақ, ұлтқа қатысты күрмеуі қиын мәселелер де көтерілігі жиі. Ал «Экономика» басылымы қазақ тілді оқырмандардың экономикалық сипаттағы ақпараттарға деген сұранысын қанағаттандыруға көп мұқтаж еді. «Аңыз» журналы негізінен елдің стратегиялық бағыттары, Елбасының жылдағы Қазақстан халқына арнайы Жолдауларында көтерілген проблемаларды жаңжақты талқылап, елге түсіндіріп, дұрыс жеткізе білумен де ерекшеленеді. Сол сияқты «Айқын», «Дала мен Қала» сияқты басылымдар да жанымға жақын. Жалпы, ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында жүргізілп жатқан игілікті істері мен «Қазақстан – 2050» Стратегиясы негізінде қабылданған бағдарламаларының жүзеге асырылуы көбіне осы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталады. Соның ішінде, өңіріміздің төл басылымы «Жетісу» газеті де бар. Осы баспасөз бетіндегі тың мақала мен хаттерліген мәселе, ой-пікірлер біз үшін қашанда маңызды. Онда сөйтіп ететін ойы оралды, қаламы қарымды журналистер қай кезде болмасын ел мен тәуелсіздік мүддесін алдыңғы қатарға қойып келеді. Олардың облыс, қала берді мемлекет көлемінде тындырылып жатқан ауқымды тірлік пен игілікті істерін қалың жұртшылық назарына ұсынатыны жеткізіп отырғы біз үшін үлкен мақтаныш. Оқырман ретінде, журналистік ерекшелігіне қатты, жеңіл жинтық дегенді ескере келе, осындай еңбектеріңізді бағалап, ақсұлықтар атынан жұмыстарыңызға мол табыс тілейміз. Әр уақыт ақпарат айдынында оқырмандарының көп болып, халықпа жеткізер жаңалықтарының мол болсын деген кезеді.

ЕҢБЕК ЕР АТАНДЫРАДЫ

Қазір қалалы жер тұрмақ, ауылда да кәсіпкерлікпен айналысатын қыз-жігіт саны жыл озған сайын артып келеді. Себебі, олар абырой да, табыс та, мертебе де тек еңбекпен ғана келетіндігіне тереңнен көз жеткізе түскендей. Соның айғағы ретінде, әсіресе ауыл шаруашылығы саласын еркендетіп, кең қанат жаюына барынша үлес қосып, ықпал етіп жатқан жалындаған жастардың да бар екендігін айтқан жөн. Әрине, қазақтың алтын бесігі, барша мәдениет пен ұлттық болмыс, салт-дәстүр, тәрбиенің түпқазығы іспеттес болған ауыл-аймақты қайта түлетіп, жаңаша көркейтіп, жандандыруда олардың жастық жігері ауадай қажет-ақ.

Ауыл болашағы – жастар

Мұны айтып отырған себебім, осындай іске құлшыныс танытып, саланың өрістеп, гүлденуіне бірқісідей атсалысып жүрген жігітті Ақсу ауданына қарасты Қызылқайың ауылынан жолықтырған едік. Ол «Денис» шаруа қожалығы деп аталады. Аталған қожалық иесімен бетпе-бет жүздесіп, кездесу үшін оны арнайы ізденбарған болатынбыз. Бізді ертіп апарған сала басшылары жол бойы оның бүгінгі шаруасын көпке үлгі боларлықтай тіршілік екендігін мақтан тұтып, тыңдырымды ісіне өз ризашылықтарын білдіріп жатты. Әкесі Виктордың адал, әділетті, еңбеккор жан болғандығын сөз етіп, сағынышпен еске алды. Олардың ағлеме ауаныңанақ Денистің жас та болса жай адам еместігін іштей болса да сезіп отырдық. Көп ұзамай-ақ діттеген жерге де келіп жеттік. Шаруа қожалығы басшысының үйі біз барған шағын ғана ауыл шетінде орналасыпты. Үй маңайының бір жақ шеті егістік алқап, ием дала. Аулада екі-үш мал базы тұр. Мектеп ғимараты да дәл үй тұсынан орын теуіпті.

Ауылға жаңа келген адам бірден «тұрғындары бір мезетте көшіп кеткен-ау» деген сияқты ойға қапатындай-ақ мүлгіген тыныштық орнаған. Әрқим өз шаруасымен айналысып жатыр. Осы тірлік қана тіршілік барын аңғартатындай. Иттер де үруден қалыпты. Сол бір тыныштықты біз мәнген көлік гүрілмен даусы бұзғандай болды. Шіркін, ауылдың саф таза ауасының өзі неге тұрады десеңізші?! Дәл осы мезетте қаланың қым-қуыт тіршілігінен бір сәтке болса алыстап, демалып қалғандай күй кештім. Сейтіп, көліктен түсіп, кең тыныстап тұрғанымызда үйден бір әйел мен ер адам шығып, бізді жылы шырай таныта қарсы алды. Сейтсем, өлгі апай аталған қожалың иесінің анасы Гүлжамал, ал жігіт болса біз ізден барған Денистің дәл өзі екен. Несін жасырайын, алғашында шаруашылық басшысы деген ерге ер жастағы ер кісіні елестеткен едім. Сейтсем, ол жасы отыздан енді ғана асқан жігіт болып шықты.

Осылайша, негізгі әңгіменің де тиегі ағытылып, кең арнаға түсті.

Алдымен Гүлжамал апай өткен-кеткенге бірас ой жүгіртіе отырып, өңгімесін өрбітіп өкетті. Ол Денистің әкесі Виктормен қызмет бабымен жүріп танысыпты. Мұның соңы үлкен махаббатқа ұласып, кейіннен шаңырақ көтеріп. отау құруға сеп болған. Күйеуі Виктор мектепте отыз жыл бойы ұстаздық қызмет атқарып, соның он сегіз жылын басшылыққа арнапты. Директор болып еңбек еткен сол бір жылдары ауыл мектебін алдыңғы қатарлыпардың легіне қосып, дәрежесін аспандатады. Гүлжамал апайдың сөзінше, ол түске дейін басшы, ал түстен кейін қарапайым жұмысшы ретінде аяғына резеңке етік киіп, мектеп ғимараты айналасын қоршаумен қоршап, тал-терек отырғызып, оны күтіп-баптап өсіріп, абаттандырып, көркендендіруге көп үлес қосқан көрінеді. Керек кезде ауыл шаруашылығы саласымен айналысып, трактормен отырып жер жыртқан кездер де аз болмаған.

Оның мұндай тірлігін көрген ауыл-аудан басшылары мен жергілікті жұртшылық талай мәрте өз ризашылығын білдіріп, алғыс жаудырыпты. Алай ұлының бойындағы қарапайымдылық пен еңбексүйгіштік сияқты жақсы қасиеттің бәрін өкесінен дарыған деп мақтан тұтып қояды. Өкінішке орай, жұбайы осыдан алты жыл бұрын қайғылы жағдайға ұшырып, жол апатынан қаза тауыпты. Міне, апайдың татуласпаған тұтатті ғұмыр кешкен сол бір кездері өлі күнге көз алдында. Қызы Жанна Алматыдағы АҒУ-дың филология факультетінің аударма бөлімінде оқып, тіл мамандығы бойынша білім алған. Ал Денис болса 2002 жылы спорт және туризм академиясына оқуға түсіп, оны ойдағыдай тамамдайды. Кейіннен ол. «Балам, білім алғаның артық болмайды. заңды білгенің жөн. Кейін ол өзіңе керек болады», – деген еке сөзіне құлақ асып, заң институтында оқиды. Сейтіп, осы мамандық бойынша жоғары білімі бар деген диплом алады.

Осылайша ол өскен жеріне қайта оралып, Қызылқайың орталау мектебіне жаттықтырушы болып қызметке орналасып, жаңа еңбек жолын бастайды. Бірте-бірте «Сегіз қырлы, бір сырлы» талапты жігіт өзінің еңбеккорлығы және жан-жақтылығымен ел көзіне түсіп, аудан, қала берді облыс көлемінде дейін танымал болады. Спортшы ретінде ауыл-аудан намысын қорғап, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Мектепте «Қамқорлық кеңесінің» төрағасы ретінде «қамқорлық» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасыларды өз қамқорлығына алып отырды. Үлты орыс болса да қазақ тілін жетік. Еңбегі еленген азаматтың ауыл шаруашылығы және спорт саласы бойынша «Алғыс хат» пен «Мақтау» қағаздары да жетіп-артылады. Тіпті, еркін күрестен Қазақстан Республикасының чемпионы атағын да иеленіпті. Ауылдастарынан да еш көмеген аяған емес. Осылайша, оның ел алдында абыройы асқақтап, беделі өседі.

Сейтіп жүріп, 2002 жылы жеке шаруа қожалығын да құрады. Содан бері өрістеп, өркендеп келе жатқан жайы бар. Бүгінде аталған қожалықта барлығы жүз гектардан аса жер. 60 шақты ірі қара мал басы бар. Сол алқапта қазір арпа. майбұршақ, жоңышқа, картоп, тағы сол сияқтылар егіліп. өсіріледі. Науқан кезінде егістікте ауылдың бірақ адамы жұмыспен қамтылып, еңбек етеді. Олардың тиісті жалақылары да уақытылы беріліп, қажетті көмектер көрсетіліп отырады. Кезінде осы алқаптың басым бөлігіне қант қызылшасы себілп, одан неше мыңдаған тонна өнім алынған кездер болған. Ал кейіннен бұл дақылға деген көзқарас оң болмағандықтан оған арналған алқап көлемі азайып, соңынан тіпті егілмейтін де болыпты. Жалпы, шаруашылық жұмысын жүргізу бір адамға оңай болмасы анық. Сол себепті бұл іске көбіне анасы Гүлжамал көмектесетін көрінеді. Денистің айтуынша, бимлігі өнім шығымдылығы ойдан шығады.

Шаруашылық ісін деңгелетуге керекті техникалар да жоқ емес. Пизингке және бір жаңа трактор сатып алыпты. Алдағы күнге межелеген жоспар да ұшан-теңіз. Мәселен, мал басын көбейтіп, түсімнің асырадандыру және сүт шығаратын шағын орын ашып, шараунды одан әрі ілгерілету. Ал Гүлжамал апай қазір мектепте қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп жүрген жайы бар. Денистің анасы өз сөзінің бірінде «Жастарды ауылға тарту үшін ынталандыру қажет. Ауылды жастар ғана өркендете алады. Өйткені, балашақ, сопардың қолында емес пе. Ал олардысыз ауыл ертеңін елестету тіпті мүмкін емес». – деген ойын да ашық жеткізді. Тағы бірде ол баласының ісі ойын білу үшін: «Үйде екеумізғана қалдық. Шүкір, қалада баспанамыз бар, көшсек қайтеді» деп сұрақ қойыпты. Сонда баласы анасына: «Жоқ, мама, туған ауылымның түтінін түтетіп, осы жерде қаламын.



Денис шаруа қожалығының басшысы Дейнс Виктор (ортада) аудан, ауыл басшыларына алдағы жұмыс жоспарын таныстыруда.

Әкемнің іске асыра алмай кеткен арманын орындап, шаруасын жалғастырып, жандандырамын»,– деген жауап қайтарып, өз ауылынан ешқайда да кеткісі келмейтіндігін айтыпты. Ал Денис болса: «Қала кезгенше ауылда еңбек етіп, сүт ішіп, құрт-май жегенге не жетсін?!» – дегенді айтады анасының сөзін қоштағандай кейіп танытып. Денистің өте қарапайым, салмақты және білімді жігіт екені бірден аңғарылды. Мүмкін, сол ұстамдылығы мен еңбегінің арқасында да болар, жас та болса біраз нәтижеге қол жеткізіп, биіктен көрініп келетіндігі деген ой түйдім іштей. Ал Гүлжамал апайдың ендігі арманы – жалғыз ұлын үйлендіріп, немере сүйіп, үбірлі-шүбірлі болу. Тілеріңізге жетіңіз!

● ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Өнер шырағы сөнбесін

Ақсу халық театрында болып, ондағы жақсы жаңалықтерге ризашылығымыз оянумен қатар, жүректі ауыртатын өкініштің өңгімені де естіп қалдық. Өнерпаздардың айтуынша, Мәдениет және ақпарат министрлігінің жоспарына сай келесі жылдан бастап, еліміздегі халық театрларының штат кестесі қысқарып, әр халық театры тек қана 2 шаттық бірлікпен жұмысын жалғастыру жөнінде бастама көтерілген көрінеді. Рас, барды жоқ ету екінің бірінің қолынан келеді, бірақ, жоқтан бар жасаған еңбектің өтеуі қайда? Бір ғана Ақсу халық театры емес, облысымыздағы бес бірдей халық театрының бүгінгі жетістігі көңіл қуантады. Ал театрдың штаты қысқарды деген сөз ондағы жұмыс мүмкіндігі шектелгенін аңғартады. Әсіресе, шалғай ауылдарға өнер мен мәдениеттің шамшырағын жағып жүрген ұжым тынысының тарылғаны қазақ мәдениеті үшін орны толмас өкініш болғалы тұр. Иә, экономикалық өлеуетті кез келген уақытта дұрыстап алуға болады. Ал руханы байлықтың кеңжелеуі ұлттық құндылықтың құлдырауына әкеліп соғады. Десе де, біз – билік өкілдерінің бұл ақиқатты ескеретініне бек сенімдіміз.

АУЫЛ, САХНА, КЕЙІПКЕР

Көш жүре түзеледі

Театр – тәрбие мектебі. Сөз зергері Ғабеңнің, Ғабит Мүсіреповтің тілімен айтсақ, «Хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер». Жан дүниеңді тазалап, рухыңды оятатын, бірде ауыртып, бірде емдеп алатын құтты шаңырақ. Тарих тағылымы, мәдениет мәйегі, әдебиет әлемі, ән мен би өнері, сиқырлы саз, барлығын бір арнада тоғыстырған ойынның емес, ойдың отауы. Қоғамның күнгейі мен көлеңкесін, дағдарысы мен дамуын, қиыншылығы мен қызығын осы бір театр деп аталатын әдемі әлемнен көре аласыз. Адам бойындағы түрлі мінезді, адамгершілік пен алаяқтықты, кісілік пен кішілікті, қатыгездік пен сатқындықты, әлсіз бен мықтыны да осы ордадан көріп қайтуға болады. Ал осының бәрін айнадан көргендей алдыңа жайып салатын актерлердің ойыны мен режиссердің шешімі өз алдына бөлек әңгіме. Театр дейтін тылсым кеңістіктің ішкі әлемін білетін адам болмаса, бәз-біреулер үшін әртістердің өмірі – дүниенің рахаты. Сырт көзге қызық көрінгенімен, өз ішінде арпалысқа толы театрға саналы ғұмырын арнаған сахна саңлақтарына таңғаласың.

Әлемде қанша жұрт болса, олар өзінің ұлттық құндылығымен дараланып тұрады. Ал сол құндылықтың қайнар көзі ретінде театр өнерін атауға болады. Десе де, әр театрдың өзіне лайықты бағыты бар. Осы тұрғыдан келгенде, облыстық, мейлі халықтық театрлар болсын бәрінің де басып өткен соқпағы, тарих тағылымын, мәдениет мәйегін, әдебиет әлемі мен ән-би өнерін бір арнада тоғыстырған саликалы да салмақты жолдары өркімді бейжай қалдырмасы анық. Театр сахнасы өңірімздегі өзге де өнер отауларымен иықтасып, бағытынан таймай, қоғамның түйіткілді тұстарын түрлі қойылым арқылы көптің назарына ұсынып, адам бойындағы мінезді актерлер шеберлігімен тұшымды сомдап өркімге терең ой, талапты тағылым беріп келеді.

Бүгінде мұндай үрдіс қанша айтқанмен де сиреген. Аспаптарын арқалап түпкөрге жатқан ауылдарға атбасын бұрушылар да азайды. Жақсы спектакльдерді ізден жүріп көретін көрермендердің де қатары сиреді. Бәлкім, бұл өтпелі кезеңнің өз заңдылығы да болар. Көп жағдайда қарапайым халық өз өнерпсін, ал өнер өрінде жүргендер өз халқын іздеуден қалып бара жатқандай. Кейінгі жылдары Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында, өнердің нағыз қамқоршысы мемлекет және қоғам қайраткері, облысымыздың бұрынғы басшысы Серік Үмбетовтің бастауымен, аудандардағы халықтық театрлар қайта түлеп бастады. Осы игілікті істі облыс әкімі Аңсар Тұрсынханұлы Мұсағазиев сәтті жалғастырып, бүгінде өңірімздегі 5 халықтық театр шаң басқан сахнасын көрден арылтып, көрерменін көркем туындыларымен қарсы ала бастады. Осы ұжымдардың да өзіндік тарихы, басып-өткен ойлы-қырлы соқпағы бар. Оны білудің көкейге түюдың, назарға ілп жүрудің өзі әбестігі жоқ, әрине.

Сол ой көптен бері мазалап жүруші еді. Сәті түсіп, Ақсу ауданына іссапармен шыққанда аудандық халық театрына кірдік. Бізді Могылбай атындағы Мәдениет сарайының сахнасында жаңа қойылымға қызу дайындалып жатқан театр ұжымы жылы пейілмен қарсы алды да кешегі басып өткен тарихы мен бүгінгі жеткен жетістігі жайлы таныстыра бастады.

Білумізше, өткен ғасырдың 30-шы жылдары ауданда көркемөнерпаздар ұжымын құру іс қолға алынды. Оған ауданда өткізілген тұңғыш өнерпаз байқаушының нәтижесінде олардың ішнен аса таланттылары іріктеліп алынады. Олардың қатарына бұрынғы халық арасында өздерінің табиғи таланттымен танылған домбырашылар Болысбек Қаналиннов, Жәрдембек Тостағанбетов, әншілер Әбілмәжін Тоқтаров, Бекайт Орынбаев, Қуат Терібаев, Қайша Жексембиналардың қасына Алматы театры сахнасында бейнелер сомдаған Шәкен Қасенов, Мәнүер Қасенова, Ұлжан Үлбекова сияқты тәжірибелі артистердің ауылдарда өнермен көзге түсіп жүрген Разбек Жалдыбеков, Болысбек Қонаев, Бұрғанбаев, Үмбеталиев, Жақыпбеков және бір топ жастар келіп қосылады. Ал 1939 жылы Ақсу өнерпаздарына ұжымшар-кеңшар театры атағы берілді.

Соғыс жылдарында театрдың майданға кеткендерден қалған тобы – көбінесе егде тартқан адамдар тылдағы еңбекшілерге ойын-сауық қойып, көңілдерін көтерді. Соғыстан кейін Ақсу өңірінде алдыңғы ағалардың үлгі-өнегесін көрген өнерлі жастардың жаңа толқыны өсіп, олар 1953-ші жылы күзінде жас өнерпаздардың олимпиадасы деп аталып, өткізілген аудандық байқауында жақсы дайындығын көрсетті. Бұл олимпиаданы өткізу жұмыстарына аудандық партия комитетінің хатшысы Аймұқамбет Байтұғанов тікелей басшылық жасады. Іріктеп алынғандардың ішінен аудандық Мәдениет үйінің жанында жұмыс істейтін драмалық үйірменің құрамы белгіленді. Ойтсаң ауылдық клубының меңгерушісі Назарбек Әмірғалиев – аудандық Мәдениет үйінің директоры, балабақшасының тәрбиешісі Бағила Тыныбекова – мәдениет үйінің кассирі, аудандық мал дәйындау мекемесінің бухгалтері Кеңес Әбілмажнов, мәдениет үйінің көркемдік кәнің басқарушысы, Бақалы орта мектебінің мұғалімі Әбтай Исақанов – аудандық мәдениет бөлімінің инспекторы болып тағайындалды. Таланты жастарды біріктірген мәдени-үгіт бригадасы сол жылдың аяғынан концерттік бағдарламалармен ауданның шаруашылықтарын аралай бастады.

Ақсу өнерпаздарының өнер жолындағы бигі – сахнаға драмалық пьесаларды шығаруы еді. Алғашқы қойылым белгілі жазушысы Қалқан Сатыбалдиннің «Сүйінш» атты пьесасы болды. 1959 жылы Ақсу халық театры үшін ерекше жыл болады. Осы жылы республикамызда драма үйірмелері өзара халық театры атағы үшін сынға түседі. Осы байқауда Мүсіреповтің «Қыз-Жібек» пьесасын, драматург И. Мақатовтың «Әмір үшін» пьесасымен қатысып, ақсұлықтар республикада бірінші болып «Халық театр» атағын жеңіп алды. Сол жолы театрдың бірнеше мүшелері дипломат, лауреат атағымен марапатталады. Ал 1956 жылы арнайы байқауда үлкен концерттік бағдарламамен қатар, Ғабит Мүсіреповтің «Қыз-Жібек» пьесасының бір актісін және драматург И. Мақақовтың «Әмір үшін» атты пьесасын сахнаға шығарған драмалық үйірме республикада бірінші болып, ресми түрде «Ақсу халық театры» атағын жеңіп алды. Оның тұңғыш режиссері болып, өмірлі ұжымның өз қатарында өсіп, өз қазанында қайнаған Назарбек Әмірғалиев тағайындалды.

Бұл жылдар ішінде театр ірілеусақты сахнаға 64 спектакль шығарды. Театр артистерінің шеберліктері шыңдала түсуі нәтижесінде классикалық дүниелер де сахналанды. «Аңдн Сәр – Ақтоқты», «Ең!ік – Кебек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ана – Жер-ана», «Той боларда», «Күн мен көленке», «Қуырдақ дайын», «Дөрігер келін», тағы басқа 50-ден астам пьесалар қойылым көрермен қазайымына айналды. Алматы қаласында 3 рет болып, республикалық театрлар сахнасынан көрермендік ықластарына ие болды. Театр режиссері Назарбек Әмірғалиев, артистер Разбек Жалдыбеков, Қамарқан Нұрқанов, Дәмен Шәймерденова, суретші Қалтай Шудабаев республикалық халық театры байқауының лауреаты және артистер Нұрлықан Болысбеков, Тұрғалық Тәнірбергенова, Науырзбай Мұқаромовтар «Ленин комсомолының 50 жылдығы» құрметіндегі жас өнерпаздар байқауының лауреаты атағына ие болды. Театрдың тұрақты артистері Дәмен Шәймерденова, Бағила Тыныбекова, Нұрлықан Болысбеков «КСРО-ның озат мәдениет қызметкері» белгісімен марапатталды. Қазақ КСРО-ның 50 жылдық мерекелері құрметіне арналған халық театрының 1969 жылғы облыстық байқауында да бірінші орынға ие болды. Театрдың режиссері

Н. Әмірғалиев, театрдың табанды да талантты артистері Қамарқан Нұрқанов, Бағила Тыныбекова 70-тен аса рөлді ойнады. Елді тамсандыра ең шырқады. Нұрлықан Болысбеков көптеген рөл орындап, көркемсөз жанрында сықақ балімін жүргізді. Темірғали Юсупов, Тұрғалық Тәнірбергенова, Дәрнға Болысбекова, Мамыртай Ақмадиева, Садырбек Алдабергенов, Науырзбай Мұқаромов сияқты жас таланттар да қойылымдарда ойнап, көрермендердің көңілнен шықты. Спектакльдерге қоғамдық негізде С. Мұхаметжин, Л. Леонова, Қ. Ерғалиев, Т. Тыныбекова, Қ. Қабдолдин, Т. Бісібаев, М. Шәкенов сияқты жастар белсене араласты. Оларға кейіннен Б. Құмболатов, Т. Алыбаев, У. Молдағалиева, Д. Бескенбаев, Т. Тұрсынбаева, С. Әжібекова, Д. Бескенбаева, З. Рақымжанов сияқты жас толқын келіп қосылды.

Осындай айтулы театр төңкерістердің алғашқы жылдарында түрлі қиындықтың салдарынан жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. «Ел ға – өнер кемшін» дегендей, еңсемз көтерілген кейінгі кезде жоғалтқанымызды түгендеуге мұршамыз келді. Ақсу халық театры 2011 жылы қайта ашылып, оған 15 штаттық бірлік бөлініп, материалдық-техникалық базасы нығайды. Бұл өнер ұжымының бір артықшылығы, ауыл жастарының шәнен өнерге бейім бар таланттарды тандап алып, театр ұжымын құрып шыққандығы. Олар жаңа шаңырақтың алғашқы шымылдығын Тәнірберген Қалихановтың «Абылайдың аманаты» спектаклімен ашты. Әсіресе, Абылай рөлін сомдаған Жасұлан Китапиннов, өзге рөлдердегі Қали Қапар, Марат Жабықбаев, Тәйір Жолдыбаева, Бауыржан Сатыбалдин, Ілияс Нұрлановтар, Арда Елубаева, Әділхан Жақыпов, Олжас Мақан, Сұлтан Жақыпбеков, Бағлан Жүнісов, Шынар Таңысбековалардың актерлік деңгей кәсіби мамандардан кем түспегенне қаз жеткізді. Осы жылдары ұжымның материалдық-техникалық базасы нығайып, театр ірілеусақты сахнаға 64 спектакль шығарды. Театр артистерінің шеберліктері шыңдала түсуі нәтижесінде классикалық дүниелер де сахналанды. «Аңдн Сәр – Ақтоқты», «Ең!ік – Кебек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ана – Жер-ана», «Той боларда», «Күн мен көленке», «Қуырдақ дайын», «Дөрігер келін», тағы басқа 50-ден астам пьесалар қойылым көрермен қазайымына айналды. Алматы қаласында 3 рет болып, республикалық театрлар сахнасынан көрермендік ықластарына ие болды. Театр режиссері Назарбек Әмірғалиев, артистер Разбек Жалдыбеков, Қамарқан Нұрқанов, Дәмен Шәймерденова, суретші Қалтай Шудабаев республикалық халық театры байқауының лауреаты және артистер Нұрлықан Болысбеков, Тұрғалық Тәнірбергенова. Науырзбай Мұқаромовтар «Ленин комсомолының 50 жылдығы» құрметіндегі жас өнерпаздар байқауының лауреаты атағына ие болды. Театрдың тұрақты артистері Дәмен Шәймерденова, Бағила Тыныбекова, Нұрлықан Болысбеков «КСРО-ның озат мәдениет қызметкері» белгісімен марапатталды. Қазақ КСРО-ның 50 жылдық мерекелері құрметіне арналған халық театрының 1969 жылғы облыстық байқауында да бірінші орынға ие болды. Театрдың режиссері



Сәнді киім де сахна шырайын ашады.

Н. Әмірғалиев, театрдың табанды да талантты артистері Қамарқан Нұрқанов, Бағила Тыныбекова 70-тен аса рөлді ойнады. Елді тамсандыра ең шырқады. Нұрлықан Болысбеков көптеген рөл орындап, көркемсөз жанрында сықақ балімін жүргізді. Темірғали Юсупов, Тұрғалық Тәнірбергенова. Дәрнға Болысбекова. Мамыртай Ақмадиева, Садырбек Алдабергенов, Науырзбай Мұқаромов сияқты жас таланттар да қойылымдарда ойнап, көрермендердің көңілнен шықты Спектакльдерге қоғамдық негізде С. Мұхаметжин, Л. Леонова, Қ. Ерғалиев, Т. Тыныбекова, Қ. Қабдолдин, Т. Бісібаев, М. Шәкенов сияқты жастар белсене араласты. Оларға кейіннен Б. Құмболатов, Т. Алыбаев, У. Молдағалиева, Д. Бескенбаев, Т. Тұрсынбаева, С. Әжібекова, Д. Бескенбаева, З. Рақымжанов сияқты жас толқын келіп қосылды.

Осындай айтулы театр төңкерістердің алғашқы жылдарында түрлі қиындықтың салдарынан жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. «Ел ға – өнер кемшін» дегендей, еңсемз көтерілген кейінгі кезде жоғалтқанымызды түгендеуге мұршамыз келді. Ақсу халық театры 2011 жылы қайта ашылып, оған 15 штаттық бірлік бөлініп, материалдық-техникалық базасы нығайды. Бұл өнер ұжымының бір артықшылығы, ауыл жастарының шәнен өнерге бейім бар таланттарды тандап алып, театр ұжымын құрып шыққандығы. Олар жаңа шаңырақтың алғашқы шымылдығын Тәнірберген Қалихановтың «Абылайдың аманаты» спектаклімен ашты. Әсіресе, Абылай рөлін сомдаған Жасұлан Китапиннов, өзге рөлдердегі Қали Қапар, Марат Жабықбаев, Тәйір Жолдыбаева, Бауыржан Сатыбалдин, Ілияс Нұрлановтар, Арда Елубаева, Әділхан Жақыпов, Олжас Мақан, Сұлтан Жақыпбеков, Бағлан Жүнісов, Шынар Таңысбековалардың актерлік деңгей кәсіби мамандардан кем түспегенне қаз жеткізді. Осы жылдары ұжымның материалдық-техникалық базасы нығайып, театр ірілеусақты сахнаға 64 спектакль шығарды. Театр артистерінің шеберліктері шыңдала түсуі нәтижесінде классикалық дүниелер де сахналанды. «Аңдн Сәр – Ақтоқты», «Ең!ік – Кебек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ана – Жер-ана», «Той боларда», «Күн мен көленке», «Қуырдақ дайын», «Дөрігер келін», тағы басқа 50-ден астам пьесалар қойылым көрермен қазайымына айналды. Алматы қаласында 3 рет болып, республикалық театрлар сахнасынан көрермендік ықластарына ие

ХАЛЫҚ - ҚАЗЫ, ЕҢБЕК - ТАРАЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ондай жиындарда кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау алудың тәртібі түсіндіріліп, инвестициялық жобалар жұмысы таныстырылады.

Ауданның білім беру жүйесінде оң нәтиже көп. Дәлірек айтсақ, облыс бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуден үшінші орыннан түспей келеді. Атап өту керек, Еңбекшіқазақ ауданында халықтың тығыздығы мен көптігіне байланысты балабақша тапшы. Аудандағы бүлдіршіндердің 44 пайызы мектепалды даярлыққа зәру. Десе де, бұл мәселені шешу үшін аудан басшылығы инвесторларды тартып, жеке кәсіпкерлердің есебінен жаңа балабақшалар салуды қолға алды. Егер аталған игілікті мақсат іске асса, балаларды балабақшамен қамту екі есеге артады. Сонымен бірге, ауданда «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020», «Ақбұлақ», «Балапан» және «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламалары өз деңгейінде орындалып жатыр.

Әрине, мұндай жетістікпен тоқмейілсіп қалуға болмайды. Аудан әкімі есепті кездесуінде тұрғындар үшін болашақта жасалатын жарқын істерді атап көрсетті. Келешекте ауданның көлік инфрақұрылымы айтарлықтай дамиды. Ауданды қақ жарып өтетін Алматы – Қорғас күре жолынан бөлек, ауыл арасын қамтитын екінші дәрежелі трассалар жөнделеді. Шелек пен Есік өңірінде екі индустриялдық инфрақұрылым жүзеге асады. Сыйымдылығы бес мың тонналы құрғақ қоймасы бар алма мен жеміс-жидекті сақтау және өңдейтін зауыт, жеміс бақтарын өсіретін инвестициялық жаңа жобалар ауданда биылдан бастап жүзеге аса бастайды. Бұдан бөлек, Батыс Еуропа – Батыс Қытай автожолының құрылысы, елді мекендерге көгілдір отын құбырларын тарту жұмыстары жалғасады.

Аудан әкімінің есебін тұрғындар қанағаттанарлық деп танып, облыс басшысына ұсыныс-тілектерін айтты. Еңбекшіқазақтықтар тарапынан футбол ойнайтын стадион құрылысына қаржы бөлу, ауылды жерлерде салауатты өмір салтын ұстану, жаттығу залдарын салу мәселесі бойынша сауалдар қойылды. Халықтың талап-тілегіне толық жауап берген **Аманбық Ғаббасұлы** аудан әкіміне тиісті тапсырмалар жүктеді. Өңір басшысы аудандағы «Адал» сүт зауытының жұмысына үлкен ризашылық білдіріп, өзге өңірлерге өнеге ету қажеттігін айтты. Тәжірибе алмасу мақсатында осындай ірі компанияда мамандармен семинар өткізіп отыру маңызды.

– Еңбекшіқазақ ауданы – кәсіпорын мен өндірістің ошағы. Облысымыз ең танымал өнімдердің 13 пайызы осы ауданда игеріледі, – деді облыс әкімі. – Осы аптада Елбасы Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізіп, өз аузымен Еңбекшіқазақты атады. Онда Алматы іргесіндегі танымал ауданда жаппай ауылшаруашылығын дамыту керектігін шегелеп айтты. Сондықтан, іргелі аудандағы агроөнімдерді дамыту ісі келешекте тек қолдау табады. Мен игерілмей жатқан жерлерді тиімді пайдалану керектігін үнемі айтып келемін. Біздің өңірде су көздері өте көп. Егер су жүйесі толық жұмыс істесе, ауылшаруашылығының өнімдері әлдеқайда есеге артады.

Ауданда үш ауысымды сегіз мектеп бар. Облыс басшысы өз сөзінде үш ауысымда білім беруді түбегейлі тоқтатуды, ауданда инвестиция тарту жұмысын жалғастыруды тапсырды.



Ақсу политехникалық колледжінің өнертанқыш студенттері.

АУЫЛЫН КӨРІП, АЗАМАТЫН ТАНЫ

Облыс әкімі Ақсу ауданындағы жұмыс сапарын Жансүгіров ауылындағы Желтоқсан көшесінің бойында орналасқан 50 пәтерлі коммуналдық үйден бастады. Иә, жалпы аумағы 4156 шаршы метрді құрайтын бес қабатты тұрғын үйдің сыртқы келбеті мен ішкі жөндеу жұмысын мердігер компания «Даяқ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі талапқа сай орындағаны көрініп тұр. Алайда, 3 және 4 бөлмелі пәтерлерде орын алған кемшіліктер әкім назарына шалынбай қалмады. Басқасын айтпағанның өзінде, осы үйлердің бірінші қабатындағы шығаберіске орнатылған пандустардың сапасыздығы мен қауіптілігін ескерткен Амандық Ғаббасұлы оны ауыстыру керектігін мердігер компания өкілдеріне қадап тұрып тапсырды.

Ақсу политехникалық колледжінде орналасқан шағын қуатты жел генераторлары мен күн панельдерін шығаратын цехтың жұмыс барысымен танысқандар көңіл-күйі көтеріңкі болды. «Жас келсе іске» дегендей, ордабұзар отызында Ақсу өңіріне инвестиция тартып, табыс табуға болатынын дәлелдеген Арай Анекейұлының жарқын ісі облыс әкімінің де ықыласын аударды. «Туынды туған жерге тік» акциясы аясында желдің кинетикалық қуатын электр энергиясына айналдырып, 5-10 квт. мөлшердегі шағын қуатты қондырғылар жасайтын кәсіпкердің табысы да жаман емес екен. Себебі, 20 – 30 жыл қызмет көрсететін бұл генераторлар қыс қыстау, жаз жайлаудағы шаруаларға өте тиімді екен. Бір уақытта 100 ваттық отыз шамды жарықтандыра алатын мүмкіндігі қыстау мен жайлауда келе жатқан жарыққа жарымайтын ағайынға өркениет сәулесін шашады деген сөз. «Құны 750 мың теңгеден басталатын құрылғыны облыс тұрғындарына тегін орнатып береміз», – дейді жас кәсіпкер. Бұл да ағайындық көмектің бір парасы. Алдағы уақытта олар Қытайдан кіргізген шағын зауыт арқылы тамшылатып суару техникасына қажетті құрал-жабдықтар шығармақшы. Бұл қант қызылшасы мен май бұршақты мол өндіретін ақсулықтардың оң жамбасына келері анық. Қазірдің өзінде оның өніміне Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облысы мен Қапшағай қаласынан сұраныстар түсе бастапты. Әңгіме барысында, цех басшысы облыс әкіміне алдағы уақытта «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры арқылы несие алып, жұмыс көлемін кеңейту туралы жоспарын көрсетті. Қашында ел үшін еңбек етуді мақсат еткен азаматтың бетін қақпайтың өңір басшысы аудан атқамінерлеріне Арайдың әрбір жоспарын қолдауды және көмектесуді міндеттеді.

Кезінде ауылдан облыс орталықтары мен Алматы, Астана қалаларына көшіп, түрлі кәсіптің тізгінін ұстаған азаматтар енді «Туған елге туынды тік» акциясы аясында туған мекенін түлету жолында еңбек етуде. Соның бір жарқын көрінісіне Жансүгіров ауылы М. Әуезов көшесіне орналасқан жеке кәсіпкерлердің қаржысымен құрылыс жұмыстары аяқталған 30 және 24 пәтерлі екі үйдің бүгінгі келбетімен танысқанда көз жеткіздік. Еңсесі көтерілгенде елін есінен шығармаған кәсіпкер жігіттермен кездескен өңір басшысы: «Қаржысын Алматы мен Астанаға аударып, қомақты пайда табуды көздейтін жігіттер жетеді. Ал туған ауылын түлетуді ойлаған азаматтардың елжандылығы көпке үлгі болуы керек!» – дей келе, туған ауылына өркениеттің ұшқынын ұялатуды ойлаған кәсіпкерге әркашан есігінің ашық екенін білдірді.

Иә, Жансүгіров ауылында жақсы жетістіктер көп екен. Осыларды көріп, көңілдері маркайған топ аудан әкімінің есебі өтетін Молықбай атындағы аудандық Мәдениет үйіне жылы жүз, жадыраған көңіл-күймен кірді. Журналысты Ақсу аудандық мәслихаттың хатшысы **Серік Серпербаев** басқарып, алғашқы сөз кезегін Ақсу ауданының әкімі **Әділбек Далбағаевқа** берді.

Әкім баяндамасынан білгеніміздей, өткен жылы ауданда атқарылған жұмыс жеткілікті. Бір сөзбен айтқанда, былтыр жазда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жетісу өңіріне сапары барысында әр деңгейдегі әкімдердің атқарған жұмысы халықтың берген бағасымен өлшенетінін де айтқан болатын. Осы тұрғыдан келгенде ақсулықтар Елбасы тапсырмасы мен облыс басшыларының міндеттерін толығымен орындап, жоғары көрсеткіштерге жеткен. Өндірістік алаң ашу және шағын және орта бизнесті дамытуға қан жүгіре бастаған «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы», мүгедектерді оңалту бағдарламасы, тұрғын үй құрылысы, шағын кәсіпкерлік, инвестиция, аудан халқын сапалы ауызсумен қамту, жол жөндеу, білім, денсаулық, мәдениет және тіл, спорт және туризм салаларында жаңа бастамалар қолға алынып, жетістіктер тіркелген. Жарыссөзге шыққан Ақсу, Сарқан аудандарының Құрметті азаматы Орал Исапова, аудандық ауруханының бас дәрігері Әшімғали Жұмагелдин, жеке кәсіпкер Арай Енекайұлы, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Нұрбек Қасымбеков жетістіктер туралы желіге жеткізіп аудан әкімінің жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Аудан әкімінің есебінен жарыссөзге шыққандардың бағалауынан кейін мінберге көтерілген облыс әкімі сөзінен өңірдің өркениетін өрлетуге кедергі болып тұрған, әлі де «эттеген-ай!» дейтін тұстардың бар екенін де білдік. Алдымен Ақсу ауданының өткен бір жылда жеткен табыстарына ризашылығын білдіріп, аудан әкімінің еңбегіне жоғары баға берген Амандық Ғаббасұлы жергілікті жетекшілер назарында жүретін бірқатар кемшілікті көрсетіп, оларды жою туралы арнайы тапсырмалар берді.

Облыс әкімі айтқандай, өткен жылы облысымыз ірі қара ету өндіру жоспарын орындай алмапты. Осы тұрғыдан келгенде Ақсу ауданында «Сыбаға» бағдарламасы 60 пайызға орындалса, «Құлан», «Алтын асық» бағдарламасы мүлде қолға алынбаған. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша фермерлік шаруашылықтарын құру жоспары жарым-жартылай ғана жүзеге асыпты. Ақсу өңірі қызылшаның мекені десек те, кейінгі жылдары қант қызылшасын өндіру мөлшері тым азайып кеткен. Үкімет егілген қант қызылшасының әр гектарына 60 мың теңге, өнімнің әр тоннасына 13 мың теңгеден субсидия төлейтін болыпты.

Ауданның экономикалық дамуының іргетасы өнеркәсіп өнімі десек, облыстық жалпы өнеркәсіп өндірісінде Ақсу ауданының үлесі 0,6-ақ пайызды құраған. «Үдемелі индустриялдық-инновациялық даму» бағдарламасы бойынша бірде-бір жоба жоқ. Дәнді дақылдар өнімі 2013 жылмен салыстырғанда 4,2 пайызға азайған. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша тек бір ғана жоба қолдау алған, шағын бизнестен бюджетке түскен салық көлемі 8,2 пайыз ғана өндеу өнеркәсібіне инвесторлар тартылмаған, ауданда бірде-бір жекеменшік балабақша жоқ.

Жиналыстың соңында облыс әкімі ауданның әлеуетін көтеру үшін аудан әкіміне бірқатар тапсырмалар жүктеді. Сол қатарда, аудан әкіміне Үкімет тарапынан қарастырылып отырған жеңілдікпен несие алып, кәсіп көзін ашу жайлы тұрғындарға жан-жақты түсіндіру жұмыстарын ширату керектігін міндеттеді.

Болат МӘЖИТ,
Қуаныш ТҰҢҒАТАР,
Қажет АНДАС,
Аслан ҚАЖЕКЕ (фото).

◈ *Әкімдер есебі*

Келелі мәселелер көтерілді

Сарқан ауданы әкімінің халық алдындағы қорытынды есебі аудандық Мәдениет үйінде өтті. Жиынды аудандық мәслихаттың хатшысы Қадыр Абдрахманов жүргізіп, есепті кездесуде аудан жұртшылығы өкілдерімен қатар кәсіподақ және үкіметтік емес ұйым, баспасөз өкілдері, аудандық басқарма, мекеме, ұйым жетекшілері, қала мен ауылдық округ әкімдері болды. Алқалы басқосуға Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Жайсаң Ахметов, облыстық мәслихаттың хатшысы Ермек Келемсейіт қатысып, есепті баяндамадан кейін жұртшылықтың ұсыныс-пікірлері мен сауалдарына жауап берген соң республиканың, облыстың экономикалық-әлеуметтік дамуы жайында әңгімелеп берді.

– «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сыншысы – халық» деген екен дана халқымыз, – деп есепті баяндамасын бастаған Сарқан ауданының әкімі Ерғазы Қошанбеков қаңтар айынан бастап ауданда 39 есеп беру кездесу өткізгенін, жиындарға 5124 адам қатысып, 97 тұрғын сөз сөйлеп, пікір білдіргенін, кездесу барысында аудан әкіміне 16, округ әкімдеріне 20 ұсыныс айтылғанын атап көрсетті.

2014 жылы аудан әкімі өткізген 14 есеп-беру кездесуінде 13 ұсыныс айтылған болатын. Олар негізінен ауызсу бағдарламасын жүзеге асыру, мәдени – әлеуметтік ғимараттарды қайта қалпына келтіріп, көпшілік игілігіне жарату, білім беру сапасын дұрыс жолға қою, халыққа дәрігерлік қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде болды және ұсыныстар бойынша нәтижелі істер атқарылды. Сол ұсыныстың біреуі, Бақалы – Тасқұдық автожолын жөндеу жөніндегі шешім кейінге шегеріліп, бақылауға алынды.

Аудан басшысы есепті баяндамасында өнеркәсіп саласына кеңінен тоқталып, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жеке кәсіпкерлерге бөлінген гранттан жұртшылықты хабардар етті.

Сарқан ауданының географиялық орналасу жағдайы ауылшаруашылық саласын дамытуға өте қолайлы. Аграрлық сектордың дамуына, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ет экспортының әлеуетін дамытуына көп көңіл бөлінуде. Есепті кезеңде ауылшаруашылығының жалпы өнімі 17 млрд.754 млн. теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 1 млрд. 153 млн. теңгеге артты. Мемлекеттің пәрменді қолдауы, несиелеудің әртүрлі бағдарламалары мал шаруашылығының дамуына жаңа мүмкіндік берді. Бүгінгі күнге ауданда 2 серіктестік және 4 шаруа қожалығы асыл тұқымды мал өсірумен айналысуда. Баяндамада мемлекеттің «Сыбаға», «Құлан» бағдарламалары бойынша сатып алынған мал басы мен оның құны айтылып, сонымен қатар, саланы үдемелі дамыту үшін техникамен жарақтандырудың жағдайына тоқталды. Өткен жылы аудан бойынша 8000 гектар жерге ылғал сақтау, 6400 гектарға интенсивті технология, 230 гектарға тамшылатып суару әдістері қолданылды.

«Агробизнес – 2020» бағдарламасы негізінде саланы мемлекет тарапынан қолдауға бөлінген қаржы көлемі жылдан-жылға артуда. 2014 жылы ауылшаруашылығын қолдауға 388,1 млн. теңге субсидия бөлініп, 2013 жылмен салыстырғанда 168 млн. теңгеге артыпты. Оның ішінде, егін шаруашылығын қолдауға 299 млн. теңге, мал шаруашылығын қолдауға 88 млн. теңге бөлінді.

Баяндамашы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өткен жылдың тамыз айында Алматы облысына келген іссапарында берген бірқатар тапсырманың ішінде – пайдаланылмай жатқан бос жерлерді мемлекет меншігіне қайтару, су ресурстарын тиімді пайдалану және суармалы жердің өнімділігін арттыру мәселелеріне жете назар аударып, аудан бойынша 17664 гектар пайдаланылмай жатқан жерлер анықталып, бүгінгі күнге Қарашығанақ ауылдық округі бойынша «Сохоспецстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 1165 гектар жайылым жері ауданның жер қорына қайтарылғандығын өз сөзіне арқау етті. Бұдан әрі білім беру, денсаулық, мәдениет, спорт, әлеуметтік сала, шағын кәсіпкерлік, инвестиция, құрылыс, жол, сумен қамту, туризм салаларының бүгінгі тынысы, салық және бюджеттің кіріс-шығысы сарапталды.

Баяндама бойынша жарыссөзге шыққан облыстық мәслихаттың депутаты, Новопокровка орта мектебінің директоры Жамал Құлахметова, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Сәдуақас Садықов, «Қанатжан и Ко» ЖШС-нің директоры Жалел Сасанбаев, аудандық ауруханаңың медбикесі Ғалия Боярова, залдан сауал жолдаған кәсіпкерлік палатасы Сарқан филиалының жетекшісі Фархат Абдрахимов, Сарқан қаласының тұрғыны Рәзия Атабаева, Аманбөктер ауылының тұрғыны Мұхаметбек Сатылғанов әкім жұмысына ризашылық білдіріп, айналма жолдың құрылысының аяқталуына, кәріз жүйелерінің жөнделуіне, күл-қоқыс төгетін арнайы орынның кеңейтілуіне орай сауал жолдады. Құрылысы 3 жылға созылған айналма жолдың аяқталуына биыл 796 млн. теңге бөлініп отырғандығын жұртшылыққа жеткізген «Қазавтожол» бірлестігі облыстық басқармасы директорының орынбасары Есенгелді Оспанов жолдың биыл аяқталатынына сендірді. Өз кезегінде аудан әкімі сөйлеушілерден түскен сауалдарға байланысты ауданда бизнес орталығын ашу жоспарланып отырғандығын, кәріз жүйелерінің жөнделуі, күл-қоқыс төгетін арнайы орынның кеңейтілуі аудан әкімдігінің тұрақты назарында екендігін жеткізді.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Жайсаң Ахметов пен облыстық мәслихаттың хатшысы Ермек Келемсейіттің келелі кеңестерін ынта қоя тыңдап, аудан әкімдігінің өткен жылғы жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Жомарт ИГІМАН.
Сарқан ауданы.

Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап...

◈ *Уақыт және біз*

Бүгінгі тұтынушы да, қызмет көрсетуші де заман көшінен тысқары қалмай, соңғы үлгідегі технологияларды пайдалана бастады. Соның бірі – POS-терминал. Тұтынушының уақытын үнемдеп, қолайлы жағдай жасау үшін сауда орындарында осындай төлем терминалы орнатылуда. Қондырғы есеп айырысу кезінде бірнеше жұмысты қатар атқарады. Сонымен бірге тұтынушының банктік төлем карточкасымен лезде есеп айырысып, тұрақты тұтынушыға пайыздық жеңілдік көрсете алады. Яғни, терминал көмегімен қолма-қол ақшасыз төлем карточкасы арқылы сауда жасауға болады. Егер сатып алушы тауардың құнын қолма-қол ақшамен емес, төлем карточкасы арқылы төлегісі келсе, сатушы оған POS-терминал ұсынуы тиіс. Облыс бойынша мемлекеттік кіріс басқармасы басшысының орынбасары Құлмұханбет ИСАҚОВ осы туралы өңгімелеп берді.



Заманауи төлем құрылғысы

«Жетісу»

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

– Құлмұханбет Мырзахметұлы, төлем карточкасын пайдалану бойынша қандай жұмыс жүргізілуде және орнатылған терминал саны қанша?

– Арнайы заң қабылданғаннан бері жан-жақты түсіндіру жұмысы жүргізіліп, салық төлеушілерге арналған «дөңгелек үстел», семинар өткізілуде. Бұл шараға міндетті түрде банк қызметкері мен қоғамдық бірлестік өкілдері шақырылады. Сонымен бірге баспасөз беттерінде де терминалға қатысты мақалалар жарияланып, көпшілік орында қондырғының екі жаққа, яғни, тұтынушы мен сатушыға тиімділігін насихаттайтын және оны пайдалану ережесі туралы арнайы ақпараттық парақ ілініп, салық төлеушіге бүктеме таратылды. Теледидар арқылы хабарлама берілді. Жалпы, бұл бағытта жұмыс жалғасуда. ҚР Ұлттық банк сайтының мәліметіне жүгінсек, биылдың 1 қаңтарына облыс бойынша 1536 терминал тіркеліп отыр.

– Пластикалық карточканы төлем құралы ретінде пайдаланудың қандай артықшылығы бар?

– Банктік карточка пайдалануға өте ыңғайлы. Проблемасы аз, мүмкіндігі мол. Көп елдің заңнамасында ақшалай қаражатты әкеліп-әкетуге лимит бақылау жасалынады немесе шектеледі. Ал банктік карта кедендік есепке алынбайды, сәйкесінше оның көмегімен кез келген соманы өткізуге болады. Халықаралық төлем жүйесінің банктік картасы көптеген елде тауар мен қызмет ақысын төлеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге интернет арқылы да. Банкомат немесе сауда терминалымен тауар және қызмет ақысын төлеу және қолма-қол ақша алу әлемнің кез келген нүктесінде жылдам жүзеге асады. Банктік картаның иесі басқа қалада, тіпті, өзге мемлекетте де өз есепшотын жылдам толтыруға мүмкіндігі бар. Бұл, карта ұстаушысы мен сауда нүктесі үшін өте тиімді. Тауар және қызмет ақысын төлеу кезінде төлем картасын белсенді қолдану жұмсаған қаражатты үнемдеуге немесе бонус жинауға мүмкіндік береді. Кейін оны қажетке жұмсауына да болады.

– Сатушы мен сатып алушының POS-терминал арқылы қолма-қол ақшасыз өзара төлем жүргізу құқығы жайлы айтсаңыз?

– Сатушы ретінде тауар немесе қызмет ақысын төлеу жалпыға бірдей тәртіппен іске асырылса, ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісі бар жерде банк карточкасы иесінің талабы бойынша ҚР «Төлемдер және төлемдерді аудару туралы» Заңында көрсетілгендей, POS-терминал арқылы төлем жүргізуге құқылы. Осындай есеп айырысудан бас тарту – POS-терминалды қолдану тәртібін бұзу болып табылады және ӘҚБтК 194-195-бабымен әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Кәсіпкерге салынатын айыппұл көлемі бір жыл ішінде қайталанса, 79 280-дан 198 200 теңгеге дейін өседі. Егер, сатып алушы банк карточкасының иесі болса, келесідей тауар немесе қызмет жоғарыда аталған заңда айқындалған терминал арқылы қолма-қол ақшасыз бас тартылса, мемлекеттік кірістер органдарына хабарласуға болады.

– Тауарды сауда автоматы арқылы сатып алғысы және қызмет ақысын терминал көмегі арқылы төлегісі келсе, қандай талап орындалуы тиіс?

– Бұл жағдайда сауда автоматында немесе қызмет ақысын төлеу терминалында бақылау чегі болу керек. Мәселен, онда салық төлеушінің атауы және оның сәйкестендіру БКМ зауыттық және оның салық органындағы тіркелген және чектің рет нөмірі болады. Сондай-ақ, сатып алу күні және уақыты, сатып алу сомасы мен тауар бағасы, фискальды белгісі көрсетіледі. Сауда автоматы және терминалмен БКМ бақылау чегін бермеу және чектің көрсетілген талапқа сай келмеуі бақылау-касса машинасын қолдану тәртібін бұзу болып есептеледі. Ондайда ӘҚБтК 284-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Кәсіпкерге салынатын айыппұл көлемі бір жыл ішінде қайталанса, 39 640-дан 79 280 теңгеге дейін өседі. Сауда автоматы немесе терминалмен БКМ бақылау чегін бермесе немесе ол көрсетілген талапқа сәйкес келмесе мемлекеттік кірістер органдарына хабарласу керек.

– Сатып алынған тауарға көңіл толмаған жағдайда, құқық пен мүддені қорғау үшін не істеу керек?

– Тауар құны төленген соң Салық кодексінде көрсетілген тәртіп бойынша бақылау-касса машинасының чегін талап ету қажет. Сатушы талап етілген чекті беруге міндетті. Егер, одан бас тартса, аталған дерек бақылау-касса машинасын қолдану тәртібін бұзу болып есептеледі және сатушы әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Егер бір жыл ішінде бұл жағдай тағы қайталанса, жеке кәсіпкерге 29730-дан 99100 теңгеге дейін айыппұл салынады.

Салық төлеушіге қатысты, егер есепті бюджетке ЖК ретінде тіркелуге жатпайтын, жеке тұлға ретінде; патент негізінде АСР қолдану арқылы қызметті іске асыратын ЖК; ашық сауда нарқы аймағында шағын бизнес субъектісі үшін АСР аясында; шаруа немесе фермер қожалығы үшін АСР бойынша жүзеге асырғанда, осыған аталған салық режимі қолданылатын болса, онда ҚР аумағында ақша есебі міндетті түрде бақылау-касса машинасын қолдану арқылы жүргізіледі.

–POS-терминалды қолдану тәртібі бұзылған жағдайда қандай шара қолданылады?

– ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодексінің 194-бабына сәйкес, ҚР аумағында сауда қызметін жүзеге асыру кезінде төлемді қабылдауға міндетті жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның төлем карточкасын пайдалана отырып, оларды қабылдаудан бас тартуы ескерту жасауға немесе шағын кәсіпкерлік субъектісіне жиырма, орта кәсіпкерлік субъектісіне отыз, ірі кәсіпкерлік субъектісіне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген құқықбұзушылық, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталай жасалса шағын кәсіпкерлік субъектісіне қырық, орта кәсіпкерлік субъектісіне алпыс, ірі кәсіпкерлік субъектісіне жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Жоғарыда аталған Кодекстің 195-бабына сәйкес, ҚР аумағында сауда қызметін жүзеге асыруда төлем карточкасын пайдалана отырып, төлемді қабылдауға міндетті жеке кәсіпкер мен заңды тұлғада төлемді жүзеге асыруға арналған жабдық болмаса ескерту жасалады. Осындай жағдай әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде тағы қайталанса, шағын кәсіпкерлік субъектісіне қырық, орта кәсіпкерлік субъектісіне алпыс, ірі кәсіпкерлік субъектісіне сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

– Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеуге байланысты қысқаша түсініктеме берсеңіз?

– Бизнесті мемлекеттік тіркеу – мемлекеттік қолдау алу үшін мүмкіндік және құқық пен мүддені мемлекеттік деңгейде қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Тұрақты негізде жалдамалы жұмысшы еңбегін пайдаланатын немесе ауылшаруашылық өнімін сауда базарының аумағында өткізетін және биылғы қызметтен түсетін табыс 256 368 теңгеден асса «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңымен мемлекеттік тіркеусіз қызметті жүзеге асыруға тиым салынады. Жеке кәсіпкер ретінде тіркеу мемлекеттік кіріс органдарына келу тәртібімен берілген салық өтінішінің немесе «Электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы электронды түрде берілген салық өтінішінің негізінде жүргізіледі.

– Мазмұнды әңгімеңізге үлкен рахмет.

◈ *Заң және заман*

Адам құқына баса мән беріледі

Еліміздегі қолданысқа енгізілген жаңа Қылмыстық, Қылмыстық процессуалдық және Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстер бірінші кезекте азаматтардың конституциялық құқын қорғауды күшейту, осы мақсаттағы шараларды халықаралық талапқа сәйкестендіруді қарастырады. Соған сай заңдар біршама жетілдіріліп, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Әсіресе, Қылмыстық процессуалдық кодексте жұрт қолайына жағатын жаңалық көп. Халық қалаулылары талабы нәтижесінде қорғаушы адвокаттың құзыреті кеңейіп, тергеу судьясы институты енгізілді. Қылмыстық сот өндірісінде екі тараптың тең құқылы болуын дәйектейтін новеллалар қосылды. Тұтастай алғанда, Қылмыстық процессуалдық кодексте қылмыстық іздестіру амалдарын жеңілдету, тергеу мен жауап алу органдарының дербес процессуалдық әрекет жасауы, өкілеттіктерін азайту, адвокаттың сотқа дейінгі өндіріске қатысу мүмкіндігін кеңейту жолдары қарастырылды. Міне, осылардың барлығы азаматтың құқын заңды түрде қорғап, әділ шешім шығаруға тиімді ықпал етері анық.

Жаңа Қылмыстық процессуалдық кодекс бойынша айыптау функциясы жедел әрі тиімді болады. Атап айтар болсақ, зардап шегушінің құқын қорғауда сөзбұйдалыққа салудың кез келген түрі жойылды. Осы мақсатта бас тарту материалдары институты алынып тасталды. Қылмыстық құқықбұзушылық туралы арыз немесе хабар келіп түскеннен бастап немесе кезек күттірмейтін тергеу қызметінен соң бірден қылмысты ашу, тексеру жұмыстары басталады. Қылмысты істі тексеруде жеделдетілген сотқа дейінгі тергеу, қылмыстылықтар бойынша хаттама толтыру сынды тың тетіктер енгізілді. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы құпия тергеу әрекеттері реттелді. Осылайша жедел-іздестіру қызметі тергеудің қылмыстық істі дәлелдейтін бөлінбес бір бөлшегіне айналып, қылмыстық үдерістен оқшаулау жойылды. Сонымен қатар қашықтықтан жауап алу, куәліктерді сақтау секілді процессуалдық әрекеттер қарастырылды.

Ғ. БАБАЛЫҚОВ,
Жамбыл аудандық сотының судьясы.

◈ *Көлік және коммуникация*

Техникалық байқауды ұмытқандар еселеп айыппұл төлейді

Автокөсіп қауымдастығының мәліметі бойынша, Қазақстанда тіркелген саны көп көліктің сапасы сын көтермейді, 80 пайызы ескі. Техникалық байқаудан өткізудің деңгейі де қыпалы төмен болып тұр. Бұның ішінде өңіріміздің де еншісі бар. Сондықтан осы саланың қызметін барынша ширату үшін биылдан бастап облысымыздағы автокөліктердің техникалық байқау операторларына міндетті түрде бейнебақылау қондырғылары орнатылып, тексеруден өткен көліктер жайлы ақпаратты бір жүйеге тіркеуге мүмкіндік ашылды. Бұл ереже техникалық байқау орталықтарының қызмет сапасын жоғарылатып, жалған куәлік беруді сап тыймақ. Сондай-ақ, ағымдағы жылы техникалық байқаудан өтпеген көліктерге салынатын айыппұлдың көлемі де арта түскен.

«Жетісу»

Қажет АНДАС

Бұл жайлы облыстық көліктік бақылау инспекциясында өткен жиналыста жан-жақты айтылды. Өткен жылғы жетістіктер сараланып, алдағы уақытта атқаратын жоспарлар талқыланған басқосуда аталған инспекцияның басшысы Елухан Баймұлдинов жүргізіп отырды. Оған «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бас маманы Марат Нүсіпжанов, облыстық ішкі істер департаменті өкімшілік полиция басқармасы өкімшілік тәжірибе бөлімінің маманы Саят Ибрайымов және техникалық байқау орталықтары мен операторлардың өкілдері қатысты.

Алдымен облыстық көліктік бақылау инспекциясының маманы Асқар Тоқтаровтың есебі тыңдалды. Онда айтылғандай, қазіргі таңда облысымызда 31 техникалық байқау операторы және 40 техникалық байқау орталығы қызмет етеді. Олардың ішінде 2 техникалық байқау орталығы еліміздің басқа аймағында орналасқан. Айталық, «Autotest-3» техникалық байқау орталығы Алматы қаласында, «Autotest-ВКО» техникалық байқау орталығы Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданында. Сонымен қатар, өңірімізде 49 тұрақты, 22 жылжымалы техникалық байқау желісі бар. Олардың



қызметі бүгінгі күннің талабына сай келеді деп айтуға болады. Себебі, облыстық көліктік бақылау инспекциясының мәліметіне сүйенсек, өткен жылдың он бір айындағы қорытынды бойынша техникалық байқаудан 245621 автокөлік өткен (2013 жылдың он бір айында 183316 бірлікті құраған). Оның ішінде бірінші рет техникалық байқаудан өткен автокөлік 42176 бірлік (2013 жылы 30611 автокөлік). Ал техникалық байқау орталықтарының техникалық байқаудан өткізудегі өділдігі (жарамсыз болған жағдайда қайта техникалық байқаудан өткізу) 17,3 пайызды көрсеткен (2013 жылы 16,6 пайыз). Осыдан-ақ, өткен жылы ауқымды жұмыстың атқарылғанын көруге болады.

Аталған инспекция өкілдері ағымдағы жылы да көліктерді техникалық байқаудан өткізу жұмысын қауырт қолға алып, жүргізушілердің сапалы қызмет көрсетуіне мүмкіндік беремз деп отыр. Өйткені жаңа жылдан бастап техникалық байқаудан өтпеген автокөліктерге салынатын айыппұл да арта түскен. Облыстық ішкі істер департаменті әкімшілік полиция басқармасы әкімшілік тәжірибе бөлімінің маманы Саят Ибрайымовтың айтуынша, өткен жылы техникалық байқаудан өтпеген автокөліктерге Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 461-бабы, 7-тармағы бойынша 3 айлық есептік көрсеткіш бойынша айыппұл салынып келсе, биылдан бастап осы кодекстің 590-бабы, 9-тармағына сай 5 айлық есептік көрсеткіш тағайындалады. Сондай-ақ, қосымша алдын алу тетіктері қарастырылған. Демек, техникалық байқаудан өткізуге төленетін азырақ қаржыны үнемдеймін деп қашып-пысып жүретін жүргізушілердің қалтасына салмақ түседі. Осы жылдан бастап техникалық бақылау операторларының жұмысы орталықтандырылған жүйе арқылы күшейтіледі. Бұны «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бас маманы Марат Нүсіпжанов тиісінше түсіндіріп, көліктерін техникалық байқаудан өткізуге үміткерлер аймақтардағы техникалық байқау орталықтарының жұмыс кестесі мен байланыс телефондар жайлы ақпаратты Көлік және коммуникация министрлігі сайтының «Техникалық байқау орталықтарының реестрі» бөлімінен (http://3cm.kz/dbaad) алуға болатынын жеткізді.

Соңында өткен жылы сапалы қызмет көрсеткен техникалық орталықтар мен техникалық байқау операторлары аталған инспекцияның Құрмет грамотасымен марапатталды.



Электронды қызмет – бүгінгі уақыт Желісі.

◈*Еуразиялық Экономикалық одақ*



Тоқсаныншы жылдардың басындағы аумалы-төкпелі кезде Кеңестер одағы құрамынан шыққан тәуелсіз елдер өздерінің болашақ бағдарын іздей бастады. Сондай бір толғақты тұста, яғни, 1994 жылы наурыздың 29-жұлдызында Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ Мәскеуге ресми сапармен барды. Қазақ басшысын құрметпен қарсы алған көрші ағайын Елбасының әрбір сөзін қалт жібермей, мұқият тыңдады. Мәскеу университетіндегі кездесуде Мемлекет басшысы басқалар сияқты өз елінің байлығымен мақтанбады, барлығымен шаттанбады, жоғын айтып, алақан жайған жоқ, қайта бүкіл әлемнің алдында тұрған сын-қатерлерден аман алып шығатын Еуразиялық Экономикалық одақ құру туралы өз ойын ортаға салды. Бұл ұсыныс өркениет пен экономиканың толғақты мәселелерін шешу жолында тер төгіп жүргендерге тосын жағдай болып көрінді. Ал жылдар өте Елбасының сол ұсынысы жарқын болашақтың кілтіне айналды. Содан бері жаһандық саяси жағдай сан құбылды. Жаңа одақтың болашағынан бірден түңілгендер де, оның мән-маңызына тереңірек үңілгендер де кездесті. Түптеп келгенде көрегендік идея жүзеге асты.

ІЗГІ МҰРАТ, ИГІЛІКТІ ІС

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Басында саясаткері де, экономисі де, қылаяғы өріске малын өргізгелі шыққан ауыл тұрғындары да осыған қатысты болжамдарға белсенді түрде атсалысты. Олардың бір бөлігі аталмыш одақ өркениетке, ұлттық байлықтың артуына, кәсіпкерліктің қордалануына пайдалы бастама десе, енді бірі – Қазақстанның тәуелсіздігіне қауіп төндіретінін дәлелдеуге тырысты. Тіпті, Украинадағы жағдайдан кейін, шындығында да, Ресейдің Кеңес одағына ұқсас «бірдеңе» құруға ашықтан-ашық кіріскенін дәлелдеу үшін дәйек іздегендер де аз болған жоқ. Кеше ғана Ресей рублінің құнсыздануы жерлестерімізді тағы да ойға қалдырды. Төрт түлігін мыңғыртып, мал басында жүрген шаруалар Ресейге шығарылатын ет өнімдері саудасының тоқырауын жаман ырымға балап, жандарын қоярға жер таппай қалды.

Қазақстан, Ресей, Беларусь елдерін тек қана географиялық жағдайы жақын етіп түрған жоқ. Олардың басын біріктіретін, ортақ ойға кіріктіретін бірлескен жобалары жетерлік. Халқымызда: «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деген даналық сөз бар. Осы тұрғыдан келгенде үш елдің арасында түрлі талаптың болатыны да белгілі. Бәрі де өз мүддесін әлсіретіп, келесі елдерге есе жібергісі келмейді. Өйткені оның артында елінің болашағы, халқының мүддесі жатыр. Рас, Қазақстан да, Ресей де шикізат елі. Әйтсе де, Батыстағы көршіміздің шетелге шығаратын өнімі бар. Қаншалық қиындықтар қыспаққа алса да, экономикалық тұрғыдан күйреп кетпейді. Саяси жақта да өзінің салиқалы бағытын сақтап қалатын күш-қуаты жеткілікті. Ал Беларусь одақ аумағында ешқандай зиянға белшесінен бата қоймайды. Өйткені олар өздеріне тиесілі барлық мүмкіндікті жасап алды.

Жалпы, қазіргі таңда Еуразиялық Экономикалық одаққа қызығушылық танытып отырған ел көп. Жақын болашақта оның қатары тағы да бірнеше елмен толығып жатса, оған таңданудың қажеті жоқ. Себебі, әлемдік нарық бүгінгі күннің үдесінен шығу үшін тауарлар мен қызметтің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалуын талап етуде. Расында, бірлік болса тірлік, бәсеке болса сапа бар. «Көп болып пішкен тонның келте болмайтынын» жадына берік сіңірген қазақ елі қашанда жетістігі болса жұртпен бірге қуанып, қиындықты ортақ бөлісіп, өркендеп келеді.

Шынында, іргелес көршімен тату-тәтті болу қай жағынан да тиімді. Төрткүл дүниеде алыс-беріс, барыс-келіс жасамаған бір мемлекетті кездестірмейсің. Тарихтың қойнауында сан түрлі теперішті көріп, алмағайып заманды бастан өткерген халқымыздың көңілінде көп алаң болса да, көршімен тату болған елдің ешқашан ұтылмайтынын ұмытпайды. Жаһандану заманында айналамыздағы ағайындармен бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бір-біріміздің әлеуетімізді пайдаланып, алға жылжудың берері мол. Демек, аталмыш одақтан қатер жоқ. Қайта, осыдан бұрын жүзеге асқан Кедендік одақ барысында қол жеткізген нәтижелеріміз жаңа одақ құрамындағы елдердің жағдайының жаман болмайтынын аңғартады. Сонымен, 1 қаңтардан бастап Еуразиялық Экономикалық одақ күшіне енді. Ендеше, ат-тонымызды ала қашпай, алдымызда тұрған игілікке кенелу үшін ұмтылған жөн.

Рас, әлем елдері арасында экономикалық тұрғыда ықпалдасып, бірлесіп, алға жылжытатын маңызды жобалар аз емес. Сол қатарда құрамындағы 27 елдің мүддесін үйлестырып, экономикасына серпін беру мақсатында 1993 жылы құрылған Еуропалық одақты айтуға болады. Бүгінде бәсекелестік пен достықтың үйлесімі болған одақтан саяси тұрғыда мемлекеттердің тәуелсіздігіне қауіп төндіретін жағдайды көріп тұрған жоқпыз. Сондықтан адам, ақша, бизнес, тәртіп тұрғысынан жетілдіріле түскен Еуразиялық Экономикалық одақтың аталған қауқарлы ұйым сияқты саясаттан аулақ болып, сан салалы шаруашылыққа серпін беретінін біле жүргеніміз жөн. Тіпті, оның адамзат қоғамына қосар табысы да мол болмақ.

Ең алдымен Еуразиялық Экономикалық одаққа енетін Ресей, Беларусь, Қазақстан сауда шекараларын ашып, кедендік кедергілерді алып тастаса, экономикамыздың дамуына, бәсекелестіктің күшеюіне және соған сай сапаның артып, бағаның төмендеуіне ықпал етеді. Қазақстандық тауарлардың өзге мемлекеттерге тасымалдануына оңтайлы жағдай туады. Бұл біздің тауар өндірушілеріміз үшін үлкен нарыққа шығуға жол ашады. Осы тұрғыдан келгенде, жаңа одақ еліміздегі шағын және орта бизнеске береке береді. Яғни, шикізаттың сан түрі бар қазақстандықтар сол байлықты шетелдік қаржы көздерінің көмегінсіз шып-шырғасын шығармай игілікке айналдыра алса қалтаға құйылар теңгенің көлемі де күн сайын ұлғая түсетіні анық. Жаңа одақ осы мүмкіндікке жол ашып, шағын және орта бизнес субъектілерінің қуаттылығын арттыра түседі. Сондай-ақ, жеке шаруашылықпен айналысатын тұлғалар кеңестік шаруашылықтың тәртібіне шырмалып келген қатаң қағидаларды бытшыт етіп, есесіне Еуропалық талапқа сай қызмет көрсету мен жұмыс өнімділігін енгізуге мүмкіндік алады. Білікті мамандарға деген сұраныс қауырт артады. Оны мынадай қарапайым мысал арқылы түсіндіруге болады. Әлемдік бәсекелестіктің талабына орай, ірі, ұсақ кәсіпорынның болашағы – қол астындағы маманның біліктілігіне тәуелді болып қалады. Осы тұста болашақ жоспарын табысты атқаруды ойға алған кәсіпкерлер жауапкершілігі жоғары білгір азаматтарды іздей бастайды. Бұл – аталмыш одақтың қазақ қоғамын саналы түрде жетілдіруге сеп болатын тұсы.

Тағы бір жағынан, қазірге дейін еліміздегі кәсіпкерлік саласы тек ішкі нарықтағы сұраныстан аса алмай келді. Бұл, өнім өндіретін кәсіпорынның қуаттылығының төмендігінен емес, тұтынушылардың аздығынан туындаған жағдай-түғын. Ал аталмыш одақ аясында көрші елдердегі үлкен нарыққа емін-еркін шығуға мүмкіндік бар. Бұл, бір жағынан, өндірісті өркендетсе, екіншіден өнімнің сапалық деңгейін талап етеді. Сондықтан кәсіпорындар, зауыт, фабрикалар міндетті түрде заманға сай өндіріспен айналысуға мәжбүр болады. Нәтижесінде жан-жақтан ағылған заманауи құрылғылар оның тілін табу үшін шетелге ағылып, техника тілін меңгеруге талаптанатын мамандардың қатарын көбейтеді. Біліктілікке қосылатын бұл капитал фермерлерді мал шаруашылығы, диқандарды өсімдік шаруашылығы өнімдерін молынан өндіруге ынталандырады. Өйткені бізде ұланғайыр жер, жыл сайын бітік өсетін астық қоры бар.

ЕЭО ұстанымы:
1. Экономикалық тиімділік.
2. Еуразиялық кеңістіктің ашықтығы.
3. Дамудың сатылы жолы.
4. Егемендікті сыйлау.
5. Ерікті қарым-қатынастар.
6. Шешім қабылдаудағы теңдік.

Айтпақшы, жаңа одақтың өміршеңдігін осыған дейін атқарылып келген Кедендік одақтағы жетістігімізбен де дәлелдеуге болады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Кедендік одақтың ықпалымен түрлі салада отандық экспорт 11 пайызға артса, импорттың өсу қарқыны да айтарлықтай төмендеген. Бұл туралы ҚР Ауылшаруашылық министрі Асылжан Мамытбеков Үкімет мүшелерінің алдында берген есебінде: *«Осыған дейін мал етін көрші елдерге сату үшін міндетті түрде Ресей, Беларусь елінің мамандарының медициналық сараптауынан өтіп, рұқсат қағазын алу керек болатын. Өкінішке орай, олар екі жылда бір келетін де бұл кедергі көрші елдің нарығына шығуға қол байлау болып келді. Қазіргі таңда ортақ одақтың аясында Қазақстандық сертификатпен кез келген елге ет өнімдерін шығаруға, саудалауға мүмкіндік бар»*, – десе, ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаевтың журналистерге арналған баспасөз хабарламасында Кедендік одақ аясында отандық кондитер өнімдерінің экспорты 3, Ресей мен Беларусқа жеткізілген отандық жүк көліктері 17, цемент экспортының 16 есеге артқанын жеткізді. Айта кетерлігі, сыртқа экспортталған тауарлардың ішінде өңделген өнімнің де үлесі басым. Мәселен, Кедендік одаққа мүше елдерге жөнелтілген тауар 2009 жылмен салыстырғанда 2014 жылы 18 млрд. теңгеге артып, өңделген өнімнің нарықтағы үлесі 44,9 пайыздан 58,9 пайызға ұлғайыпты. Осы тұста өңдеу өнеркәсібіне құйылған шетелдік инвестицияның да көңілден шығатынын айта кеткен жөн. Осыдан-ақ Кедендік одақ құрамындағы үш елдің барыс-келісі баянды, алыс-берісі келісті болғанын байқайсыз. Ал талаптары мен мүмкіндіктері Кедендік одақты он орайтын Еуразиялық Экономикалық одақтың берері тіптен мол болмақ.

Кейбір мамандар Еуразиялық Экономикалық одақтың Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруге соны соқпақ болатынын дәлелдеп жатыр. Бұл пікірге біз де қосылмыз. Байыптап қарайтын болсақ, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кірудің артықшылығы мол. Оны көрші Қытай мен Қырғызстандағы саудасаттық әлеуетінен көруге болады. Қарапайым ғана мысал, Қытайдан Қазақстанға тасымалданатын сапасы бірдей тауардың бағасы көрші Қырғызстанда бірнеше есеге арзан. Бұл Дүниежүзілік Сауда Ұйымының шартында қарастырылған тиімділік. Қазақстанға Қытайда өндірілген ұқсас тауар үш түрлі жолмен кіреді. Бірінші, Үрімші қаласындағы халықаралық сауда орталықтары арқылы Алматыға тауар тасымалдайтын бағыт, екіншісі Қытайдың ішкі қалаларында өндірілген өнімінің тікелей Қорғастағы «Құрғақ порт» арқылы алыпсатарлардың қолына тиетін жаңа жол (Жұрт айтып жүрген біркүндік сауда дегені осы), енді бірі кеңсесі Дубай, Түркия, Еуропа қалаларында орналасқанымен тауарын Қытайда өндіріп, Қазақстанға тасымалдайтын керуен жолы. Қарап отырсаңыз, Қытайдың бір фирмасында өндірілген ұқсас тауар түрлі жолмен біздің базарларда саудаланып жатыр. Сондықтан олардың бағасы да әралуан. Сәулетті сауда сарайында доллармен сатылатын тауарды кейбір жаймалардан болмашы теңгемен сатып алуға да болады.


Егер, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіретін болсақ, шетел тауары Қазақстанға бір ғана жолмен, яғни, аталған ұйым бекіткен ортақ шартпен кіреді. Бұл «мынау шетелдікі, мынау қытайдікі», – деп алдап сауда жасайтын, бағаны өз бетінше белгілейтін алыпсатарларға тосқауыл болады. Ал еліміздің ДСҰ-ға кіруіне Еуразиялық Экономикалық одақ жол ашады. Бұдан басқа да сансыз дәлелді келтіруге болар еді. Қысқасы, сынықтан сылтау іздеп, қазанның құлағынан қарауыл қараудың қажеті шамалы. Бастысы, батыл қадаммен жаңа бастаманы жетілдіруге дайын болғанымыз жөн. Одан ұтарымыз көп болмақ.

Түйін

Еуразиялық Экономикалық одаққа кіргеннен Қазақстан ұтады. Себебі, жан-жағы алып империялармен шекараласатын бізге көрші елдермен сауда-экономикалық байланыс өте қажет. Ішкі нарықты қуаттандырып, кәсіпкерлердің жұмыс өнімділігін жетілдіруде Ресеймен қарым-қатынас жасау тиімді. Ал Еуропа нарығына ену үшін Беларусь елінің мүмкіндігі керек. Ислам елдерімен, Азия және ТМД мемлекеттерімен, Қытаймен, Еуроодақпен, АҚШ-пен қарым-қатынасымызды нығайта берген жөн деп ойлаймын.

Тәуекел тұбі жел қайық, мінесің де өтесің.

◈ *Елбасы тапсырмасы*



Долларсыздандыру кімге пайдалы?

Ел Президенті Үкімет алдына маңызды міндет қойды. Ол міндет – экономиканы долларсыздандыру. Жалпы, долларсыздандыру деген не? Қарапайым тілмен айтсақ, экономиканы доллардан тазалап, ұлттық валютаға басымдық беру. Әлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап келе жатқан доллардың үстемдігіне қарсы Елбасының бастама көтеруі бірінші емес. Биылғы Астана экономикалық форумында да доллардың жетегінде кетпей, әділ валютаға көшуді ұсынған. Расында, барлық ел мен жерді доллар жаулап алды. Осы ақша бүкіл АҚШ экономикасын «асырап» отыр. Барлық қаржылық операциялар Нью-Йорк арқылы жүргізіледі. Біздің елдің де сол валютаға басы байлаулы.

«Жетісу»

Қажет АНДАС

Айталық, қазақтың мұнайы долларға сатылады. Экономикамыздың 40 пайызы долларға тәуелді екендігі де осыдан болса керек. Зерттеулер бойынша банктегі салымшылардың 45 пайызы қаражатын долларда ұстайды екен. Патер сатылса да, көлік сатылса да айырбас доллармен жүргізіледі. Әсіресе, әлемдік экономиканың дамуы әлсіреп, мұнай бағасының қырық құбылғаны долларға тәуелділікті тіптен ұлғайтып, Қазақстан үшін бас қатыратын жағдай туындады.

Осы тұста әлемдік экономикалық дағдарыс жағамызға жармаса бастады. Расында 2008 жылы әлемді бір рет шарпып өткен дағдарыстан Қазақстан Ұлттық қордың арқасында қиналмай өтті. Ал жаһанды жайлап келе жатқан кезекті дағдарыстан Қазақстан қалай шығады? Ол жағы әзірше беймәлім. Бірақ, қазіргі таңдағы әлем елдеріндегі экономикалық тұрақсыздық төңірегінде қарастыратын болсақ, бір ғана ақиқатқа көз жеткізуге болады. Демек, осы күнге дейін долларға тәуелді елдердің экономикасы «дағдарыс» дейтін тұмауға жиі шалдығады. Яғни, долларға тәуелді елдердің оған қарсы тұрарлық қуаты шамалы. Себебі, ол елдер өз валютасы арқылы сырқатын емдей алмайды. Яғни, алдымен өз ақшасын долларға ауыстырып, содан кейін ғана ем қабылдай бастайды. Осы қатарға біздің еліміз де кіреді.

Еліміз ес жиып, етек-жеңін түзеп, экономикасын біріздендірген тұста доллардан туындайтын кедергілерді білсе де, одан бірден бас тарту мүмкін болмады. Десе де, осыдан кейін валютаға қатысты мәселе жиі көтерілді. Шаңхай Ынтымақтастығы Ұйымы құрылған тұста да маңызды келісімдердің бірі валюта төңірегінде өрбісе, Кедендік одақ тұсында ақша мәселесі аз айтылған жоқ. Биыл қаңтардан бастап іске көшкен Еуразиялық Экономикалық Одаққа қатысты елдер арасында «Ортақ валюта» болғаны жөн деушілер көптеп табылды. Қысқасы, долларға қарсылық елімізде ғана емес, әлем елдерінің бірқатарында бой көрсетіп келеді. Мәселен, Франция Қытаймен арадағы сауда операцияларын доллардан тыс, яғни, евромен не болмаса юаньмен айырысуға ниетті екенін мәлімдеген. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, 1973 жылы өрбіген араб-израиль соғысы барысында АҚШ қысым көрсету арқылы араб елдерін мұнайды тек долларға ғана сатуға көндірген екен. Міне, сол уақыттан бері мұнайдың баррелі тек доллармен есептеледі. Ал Франция Қаржы министрлігі мұнай үшін евромен немесе басқа да валютамен есеп айырысуға ешкімнің де кедергі емес екенін алға тартумен әлек. Шындығында, дәл осы долларға қарсылық саясаты Иранда, Венесуэлада, Аргентинада, Бразилияда жиі көрініс береді. Сонымен бірге, доллардың жетегінде жүруден шаршаған Ресей де «көк қағаздан» бірден бас тарта алмағанымен юаньге көңілді көбірек бөле бастады. Сол қатарға Қазақстан да еніп отыр. Әлбетте, еліміздегі ауқымды операциялар доллармен жүзеге асады.

Осы тұста, «экономиканың долларсыздануы қазақстандықтарға не береді?» деген сұрақтың туындайтыны анық. Ең алдымен, еліміздегі қарапайым халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату үшін өте тиімді. Сондай-ақ, Қазақстан шикізатпен қамтамасыз етуші ел болғандықтан өз байлығын экспортқа шығарып, қауырт пайдаға кенелуге болады. Тағы бір жағынан көлеңкелі бизнестің жолын кесіп, мемлекеттік кіріс көлемін арттыруға және оны қадағалауға мүмкіндік туады. Ендеше, біз осы мүмкіндіктерді қарапайым түрде түсіндіріп берелік. Расында көптеген отандасымыз өзіміз өндірген тауарды екі рет сатып алып жатқанымызды біле бермейді. Мысалы, тұрғын үй немесе көлік сатып алғыңыз келсе, алдымен қолыңыздағы теңгеге доллар сатып аласыз, содан кейін ғана доллармен үй немесе көлік сатып алуға кірісесіз. Үңіліп көрсеңіз, тұрақты мүлік алу үшін доллар екі рет сатылымға түсіп отыр. Ал шетелдіктер еліміздің шикізат сатып алу үшін міндетті түрде доллармен есеп айырысады. Ендеше, тағы да саудаланып отырған отандық өнім емес, Америка валютасы болып отыр. Шетелдермен туризм, инвестиция, кәсіпкерлік, зат алмасу, тағы басқа да салалардағы алыс-беріс, барыс-келіс осындай төсілмен жүріп келеді.

Бір қызығы, қазіргі дамушы елдер түгелімен өз валютасын нығайтып, доллардан ақырындап ажырай бастаған. Басқа емес, бұған көрші Қытайдың тәжірибесі дәлел бола алады. Қысқасы, Қытай экономикасының қарқынды дамуы долларсызданған экономиканың дағдарысқа ұшырамайтыны мен тиімділігін көрсетіп тұрғандай.

◈ *Ұлы Жеңіске –70 жыл*



Қарт жауынгерді құттықтады

Қарияларын қадірлеп, құрметтеу, ардагерлерін ардақтау –халқымызға тән тағылымды қасиет. Аға ұрпақтың еңбегі мен ерлігін ескеру, оларға қамқорлық таныту бүгінгі ұрпақтың басты міндеті. Осындай ардагерлер қатарында қарт жауынгер Солтанбай Жарықбасов та бар.

Аудан әкімнің есеп беру жиынында Отан үшін от кешкен ардагер Солтанбай Жарықбасов облыс әкімі Амандық Баталовқа оның өмір жолын, қызмет баспалдақтарын, әкесінің ұлына айтқан ақылын жатқа білетінін көрсете отырып, ақ тілек батасын берген еді. Ал сәл кейінірек басшылармен естелік суретке түскен кезде абыз ақсақал үштөрт күннен кейін туған күні екенін айтқан болатын. Мұны естіген Амандық Ғаббасұлы аудан әкімі Бинәлі Ысқаққа Ұлы Отан соғысының ардагерін туған күнімен құттықтап, гүл шоқтарын ұсынуды тапсырған еді.

Күні кеше аудан әкімі ардагер ақсақал Солтанбай Жарықбасовты облыс әкімі Амандық Ғаббасұлының атынан туған күнімен құттықтап барды. Жарықбасовтардың қара шаңырағында болған аудан басшысы ардагерге ізгі ниет көрсетіп, сый-сияпатын табыс етті.

Тоқсан екіге аяқ басса да Солтанбай ақсақал белсенділігін жоғалтпаған жан. Құттықтауға басшылар барған күні де қолынан ұялы телефоны түспей Алға деген туған ауылына мешіт салу қамымен жүргенін көзбен көрдік. Сондай-ақ ол шығармашылықпен де айналысып жүрген қария.

– Бір кітабым жарық көрген, екіншісін дайындап жүрмін, – дейді ақсақал әңгіме барысында. С. Жарықбасов зәулім де кең үйінің бір бөлмесінде отбасылық мұражай жабдықтап, ұрпақтарына өнеге боларлық өмір белестерін, Ұлы Отан соғысы жылдары өткен майдан жолдарынан экспонаттар қойып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа баулуда.

– Күш-қуатыңыз кемімесін, Солтанбай аға. Туған күніңіз құтты болсын! Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған парадқа баратын сапарыңыз оң болсын – деп игі тілектерін білдірген облыс, аудан басшыларына өз кезегінде Солтанбай ақсақал батасын беріп, ризашылығын білдірді.

Хайролла АХМЕТЖАНОВ.
«Еңбекшіқазақ» газетінің бас редакторы, облыстық мәслихаттың депутаты.

◈ *Маман мінбері*

Экономикалық білімнің маңызы зор

Білім саласы алдында тұрған негізгі міндет – білімі жоғары, зерттеушілік-шығармашылық қабілеті дамыған, құзырлығы мен өмірлік дағдысы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыруда дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын М. Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейінде берілетін экономикалық тәрбиенің мәні зор. Мұнда 5-11-сыныптар аралығында үздіксіз экономикалық білім беру қалыптасқан. Өйткені, жас ұрпақтың экономикалық және қаржылық сауаттылығын арттыру – бүгінгі күннің талабы.

Бұл орайда лицейдің «Экономика және бизнес» аталуы да үлкен жауапкершілік жүктейді. Еліміздегі әлеуметтік-саяси жағдайдың, әсіресе, нарықтық қатынастардың дамуы оқушылардың экономикалық сауаты мен мәдениетінің жоғары болуын талап етеді. Сондықтан сабақ беру барысында да, сабақтан тыс уақытта да оқушы шығармашылығын, қабілетін дамытуда сандық көрсеткіштермен қатар сапалық көрсеткіш дәрежесін де арттыруды мақсат еттім. Ол үшін оқушы экономикалық ақпарат негізін бөле білу, салыстыру, проблеманы көру, субъективті көзқарастарды айыра білу, пікірдің объективті емес жақтарын айқындау, қорытынды жасау, альтернативті шешім қабылдай алу, өз шешімін тәжірибе жүзінде тексеру, өз ойын, логикаға негізделген көзқарасын көрсете білу дағдыларын меңгеруі қажет. Сонда ғана экономикалық дайындық жүйелі білім арқылы оқушының тұтас өмірге көзқарасын қалыптастырудағы мақсатына жетеді деп ойлаймын.

Экономикалық білім беруде оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілетін дамытудың мәні зор. Бүгінгі таңда оны жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен жолдары жеткілікті.

Оқушы шығармашылығын арттыруда іскерлік ойындардың тиімділігі айтарлықтай жоғары, өйткені оқушы білімді меңгеріп, біліктілікті арттырумен бірге ойнау іс-әрекетіне бейімделеді.

Ең көп тараған компьютерлік-іскерлік ойын – экономика мен менеджментті модельдеу және банктер іс-әрекеті. Бұл ойындарда көптеген компания мен банктер өз өнімдерін өндіріп, нарықты жаулап алуға, жоғары пайда табу мақсатында бірбірімен бәсекеге түседі де, өндіріс көлемін жоспарлауда, баға тағайындауда, шығындарын анықтауда тиімді шешім қабылдағандары жеңіп шығады. Сонымен қатар «Банктер іс-әрекеті» іскерлік ойыны да оқушыларды шығармашылыққа баулиды, мұнда командалар коммерциялық банктер ретінде шешім қабылдап, монетарлық саясатқа орай процент мөлшерлемесін белгілеп, жоғары пайда табуға тырысады, қаржылық сауаттылығын арттырады.

Қорыта айтқанда, әрбір оқушының қызығушылығы мен қабілетіне қарай жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша жұмыс істеу оқытудың мазмұны мен мәнін арттырады, білімнің тәжірибелік бағытын күшейтеді, өз бетінше оқуды, ізденушілікті дамытады.

Лицейді тамамдап, үлкен өмірге аттанған түлектер қай сала маманы болса да алған экономикалық білімі өмірдің көптеген жағдайында көмектесері анық. Оқушылардың үлкен жетістіктерге жетуіне бір ұстаздың ғана еңбек сіңіруі мүмкін емес, онда лицейдегі нәтижеге бағытталған жүйелі білім мен тәрбиенің негізі жатыр. Жас ұрпақты заман талабына сай бәсекеге қабілетті, қоғамның алдыңғы қатарлы саналы азаматы етіп тәрбиелеуде лицей ұжымының өлі де берері көп деп білеміз.

Гүлбаршын ДОЛАЕВА,
дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын М. Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейінің экономика пәні мұғалімі.

Талдықорған қаласы.

Теңгені төрге шығарудың жолы.

◈ *Баспасөз мәслихаты*

2015 жылғы 26 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде 2015 жылғы 26 сәуірге Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауының тағайындалуына байланысты Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының баспасөз конференциясы өтті.

Сайлау ережелері түсіндірілді

Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Қ. Тұрғанқұлов бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін 26 ақпанда Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 2015 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіткені туралы, сондай-ақ «2015 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы жөніндегі сайлау құжаттарының нысандарын бекіту туралы» қаулы қабылдағаны туралы хабардар етті.

Төраға атап өткендей, ел Президентін Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

Республика Президенті болып қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген және Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын, тумысынан Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.

Бұдан кейін Президенттікке кандидаттарды ұсыну және тіркеудің мерзімі мен тәртібі, кандидаттардың сайлау жарнасы мен сайлау қорының мөлшері, Президент сайлауының қаржыландырылуы мен сайлау алдындағы үгіт жүргізу мерзімі, сайлаушылар тізімін дайындау мен сайлау өткізу талаптары жан-жақты баяндалды.

Баспасөз конференциясы барысында Орталық сайлаукомның Басшысы: «Сайлау науқаны барысында сайлау комиссиялары сайлауды ұйымдастыру, әзірлеу мен өткізудің негізгі халықаралық қағидаттарын, сондай-ақ сайлау процесінің оның барлық кезеңдерінде ашық, жариялы және транспарентті болуын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Бұған сайлау процесін байқауға отандық және халықаралық сарапшылардың белсенді қатысуы да ықпал ететін болады. Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп халықаралық байқаушылар институты ашылады» – деп атап өтті.

Қуандық Тұрғанқұлов дайындық жұмыстары шеңберінде облыстық, Астана және Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиялары учаскелік сайлаукомдардың мүшелерін науқанды ұйымдастыру мен өткізудің негізгі құқықтық және тәжірибелік аспектілерін талқылау арқылы оқытуды ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Сөзінің соңында Орталық сайлаукомның Басшысы сайлауды әзірлеу мен өткізу уақытына тұрақты жұмыс жасайтын баспасөз орталығының ашылатыны туралы ақпараттандырды.

Фұр Отан



Маңызды мәселе қаралды

Бейсенбіде «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан БАЙБЕК аймақтардағы партия және бастауыш партия ұйымының мүшелерімен келелі кеңес өткізді. Бейнебайланыс тәртібінде өткен шараға партияның орталық аппаратының басшылығы, өңірлік филиалдардың бірінші орынбасарлары және 300-ден астам бастауыш партия ұйымының төрағалары қатысқан болатын.

«Жетісу»

Мұратхан ТҰРАР

Жиынды ашқан Бауыржан Қыдырғалиұлы алда үлкен міндет тұрғандығын айтып, партия мүшелерін Елбасы сайлауына тыңғылықты дайындық жүргізуге шақырды. – Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Нұр Отан» партиясының кезекті XVI-шы съезін шақыру туралы қаулыға қол қойды. Съезге 1200-ден астам делегат қатысады. Оның ішінде облыстық мәслихаттардағы партияның депутаттық фракциясының жетекшілері, шалғай ауылдардың өкілдерін қосқанда 200-ден астам бастауыш партия ұйымының төрағасы, сондай-ақ, 100-ден астам ардагер мен партия белсендісі қатыспақ. Бұл біздің барлығымыз үшін зор тарихи оқиға болғалы тұр. Елбасы сайлауы қарсаңында өтетін келелі жиынға үлкен жауапкершілікпен қарап, оған осы бастан дайындықты пысықтауымыз керек, – деген партия Төрағасының бірінші орынбасары алдағы съезге қатысатын делегаттарды ұсыну қажеттігін тілге тиек етті. Бауыржан Қыдырғалиұлы, сондай-ақ, партияның тірегі болатын бастауыш партия ұйымдары жұмысының маңыздылығына назар аударып, «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Мерейлі отбасы» сынды игілікті жобаларға тоқталып өтті. Елбасының бастамасымен қолға алынған «Ардагерлерді ардақтайық» бастамасының өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі роліне айрықша назар аударған ол мұндай өнегелі істің одан ары да жалғасатынына сенім білдірді.

– Партияға әр нұротандықтың, әр ұйымның пікірі маңызды. Сондықтан ағымдағы жылы «Нұр Отанның» жұмысы бастауыш партия ұйымдарының тиімділігін арттыруға бағытталды. 2015 жыл бастауыш партия ұйымдарының жылы аясында өтеді, – деген Бауыржан Байбек бір тәрінің пұшпағын илеп отырған партиялас әріптестерінің жұмысына табыс тіледі. Кеңес барысында бірқатар аймақтағы бастауыш партия ұйымы бейнебайланысқа шығып, өздерінің хал-ахуалымен бөлісіп, ел дамуына өз үлесін қосатындығын жеткізді. Алда келе жатқан сайлауға «нұротандықтар» біркісідей атсалысып, жұмылған жұдырықтай ынтымақ танытпақ. Айта кетейік, біздің облыс атынан «Бұлақ» бастауыш партия ұйымының төрайымы Алма Үсейноваға сөз берілген болатын. Бастауыш партия ұйымының төрайымы артылған сенім үдесінен шығуға бар күштерін салатынын жеткізіп, Елбасы сайлауына белсенді атсалысатындықтарын тілге тиек етті. Бейнебайланыс соңында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Серік Мұқанов алда келе жатқан маңызды науқанға байланысты бірқатар тапсырма жүктеп, жұмыс қарқынын төмендетпеуге шақырды.

◈ *Елбасы тапсырмасы орындалу үстінде*

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ өткен жылдың тамыз айында Жетісу өлкесіне арнайы келіп, облыс тұрғындарымен кездесу барысында қант қызылшасын дамыту мәселесіне ерекше назар аударды. Айтылған тапсырма орындалуымен құнды. Күні кеше облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ тікелей қолдауымен, Көксу ауданының әкімі Ғалым Тоқпейісовтің ұйымдастыруымен «Көксу қант зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік тіркеуден өтіп, жұмыс бастады. Оның иесі іскер басшы Алтынбек Абатов.

КӨКСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫ
жұмысын бастады

Жаңа өндіріс орнына жұмысшылар қабылданып, олар мазут шаруашылығын ретке келтіру жұмысымен айналысуда. Екі жылдан бері жұмысы тұралаған өндіріс орнының бүгінгі жағдайы айтпаса да түсінікті. Дей тұрғанмен, білек сыбана жұмысқа кіріскен серіктестік негізгі төрт мың тонна отын сиятын екі қоймаға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздігін ретке келтіруде.

– Біз зауытты ағымды жөндеу жұмыстарына даярлық жасап жатырмыз. Қазір барлық құрылғылар тексеруден өткізілуде. Бұрынғы жылдары зауыт 90 күнде шаруа қожалықтарымен есептесетін болса, биылғы жылдан бастап келісімшарт иелері өз өнімдерін зауытқа толық әкелгеннен кейін 3 күннен соң бізбен есеп айырыса алады. Ақшалай немесе өңделген қант түрінде. Бұл енді олардың өз еріктерінде. Қазір облыстағы қызылша өндірісімен айналысатын аудандарға барып, шаруашылықтармен кездесіп, ағымдағы жылы қызылша қабылдайтынымыз туралы ақпараттық-насихат жұмысын жүргізуді бастап та кеттік. Биылғы жылы 120 мың тонна тәтті түбір қабылдау жоспарда. Айта кетерлігі, зауытқа бұрынғы қызмет еткен адамдардан бөлек білгір мамандарды да жұмысқа тартпақпыз. Маусымдық жұмыс кезеңінде 600-ге тарта адамды жұмыспен қамтимыз деген ниеттеміз,– дейді «Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Алтынбек Абатов мырза.

Серіктестікте қазір қызылшаны маялап жинайтын екі техника жұмысқа жарап тұр, алдағы уақытта тағы біреуін жинақтап іске қоспақ. Зауыт пен шаруа қожалықтары арасында келісімшартқа отыру жұмыстары жүргізілуде. Құжаттарды толтыру жеңілдетіліп, оны қарапайым, ашық түрде толтыру жағы да қарастырылған. Бүгінгі күнге дейін Сарқан, Қаратал, Көксу аудандарынан 60 шаруа қожалығымен қызылша егуге келісім жасалған, алдағы уақытта Ақсу мен Ескелді аудандары мен басқа да аудан-қалалар бұл қатарға қосылмақ. Зауытта жалпы қант қызылшасының сапалы тұқымы сақталған. Зертханалық тексеру нәтижесінде өнгіштігі 90 пайызды көрсетіп отыр. Бағасы да қолжетімді. Бүгінгі күнге дейін шаруа қожалықтары тарапынан 516 себу бірлігіне тапсырыс келіп түскен.

Айта кетер жайт, облыста биылғы жылы 4 мың гектар жерге қызылша егу жоспарланып отыр. Оның ішінде Ақсу ауданына – 860, Қаратал ауданына – 560, Сарқан ауданына – 730, Көксу ауданына – 830, Ескелді ауданына – 1000 гектар, Талдықорған қаласына – 20 гектар жерге қызылша егу көзделген. Облыс әкімі Амандық Баталовтың тапсырмасына орай Көксу ауданының әкімі шаруа қожалықтарына алдағы уақытта Үкімет тарапынан берілетін субсидия көлемінің ауқымды екендігін жеткізіп, құжаттау мен егу науқанына тиісті көмек көрсетуді жүйелі жолға қойып отыр.

Ақбөпе ЖИЕНҚҰЛОВА.
Көксу ауданы.

◈ *Үнқосу*

Алматы облыстық кәсіпкерлік палатасында өткен басқосуда жетісулық кәсіпкерлер мерзімнен бұрын Президент сайлауын өткізуді қолдайтындығын білдіріп, ортақ мәлімдеме жасады. Облыс аумағындағы кәсіптен нәсіп тауып, өңір өндірісіне қан жүгіртіп жүрген кәсіпкерлер, үкіметтік емес ұйым, орта және шағын бизнес саласының өкілдері, шаруа қожалықтарының төрағалары қатысқан шараны облыстық кәсіпкерлік палатасының бөлім басшысы Эдуард Ким жүргізіп отырды.

Жетісулық кәсіпкерлер қолдауы

Басқосуда сөз алған аталған палатаның төрайымы Ләззат Шыңғысбаева өңірімиздегі кәсіпкерліктің тыныс-тіршілігін баяндап шықты. Оның айтуынша, қазіргі таңда аграрлы аймақ саналатын Жетісу жерінде кәсіпкерлерге тың өріс ашылған. Осы саланы дамытатын мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесінде отандық өнім өндірумен айналысатын кәсіпорындар мен өндірістердің, зауыттар мен фермалардың мүмкіндігі күн сайын арта түскен. Жуырда «Қазақстанда жасалған» акциясы аясында басталған жарқын жаңалықтар аталған саланың алға жылжуына тың серпін берген. Төрайымның айтқанын кәсіпкер Болат Рахимов қуаттай келе еліміздегі салықалы саясаттың, береке-бірлік пен тыныштықтың арқасында көші түзеліп, бағыты айқындалған ұлттық кәсіпкерліктің алдағы уақытта да биік белестерді бағындыратынына сенім білдірді.

Егін егіп, мал өсіретін шаруа қожалықтарының да кірісі молайып, еңбегінің жемісін көріп келеді. Бұл жайлы Ескелді ауданындағы «Әбен Тайжанов» шаруа қожалығының төрағасы Әбен Тайжанов қант қызылшасын өндіретін қожалықтарды ынталандыру мақсатында Көксу, Қаратал, Ескелді, Ақсу, Сарқан аудандарында облыстық кәсіпкерлік палатасының бастамасымен қант қызылшасы өндірісін дамытуды үйлестіру орталықтары құрылып, өнімді жұмыс істеп жатқанын жеткізді. «Дархан-К» ЖШС-нің төрағасы Дәрібек Қарабасов өңірімиздегі тамақ өнеркәсібіне жасалған қолдау мен демеу жолдарын тәптіштеп түсіндіріп өтті. Сондай-ақ, орта және шағын, ірі өндіріс иелері де қазіргі таңдағы шаруасын шалқытуға бағытталған мүмкіндіктің молдығын тілге тиек етті.

Кездесуде әлем елдерін аландата бастаған экономикалық дағдарыс қатерлері туралы да айтылды. Олар бұл қиындықтан Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мерзімінен бұрын Президент сайлау жөніндегі ұсынысын қолдап, елді «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын» береке-бірлікке ұйыту арқылы шығуға болатыны туралы ортақ пікірге тоқтады.

Иә, аталмыш ұсыныс бұдан бұрын да облыс кәсіпкерлері арасында кең талқыланып, оның заңға да, ел тілегіне де үйлесімді екеніне көз жеткізген. Бұған Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы мен ел тілеген қолдайтындығы жайлы үндеуі зор серпін берді.

Кездесуге қатысқандар саяси науқанды қолдап, ел келешегін кемелдендіретін маңызды іске жұмыла атсалысатындықтарын жеткізді.

Қ. ШАКЛИН.

Барын бағалай білетін елдің еңсесі де биік.

◈ *Жолдауға – қолдау*

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВТЫҢ "Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол" атты Жолдауының маңызы уақыт өткен сайын арта түсіп келеді десем, ешбір асырып айтқандық бола қоймайды. Оның өзіндік себептері де жоқ емес.

ЕЛ БІРЛІГІ – ӨРКЕНДЕУ КЕПІЛІ



Ләззат ТҰРЛАШЕВ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты

Жалпы қоғам тұрақтылығының, ел тыныштығының негізі неде? Бұл сұраққа жауап іздегенде бір ғана сөзбен –отандастарымыздың ертеңгі күнге деген сенімінде деп түйіндеуге әбден болады. Дағдарысқа байланысты бір-екі мемлекет қана емес, бүкіл әлем елдері алаңдаушылық күй кешіп отырған қазіргідей кезеңнің өзінде Қазақстан халқының болашаққа деген сенімі шайқалған жоқ. Мұндай сенімнің қалыптасуына, ең алдымен, Елбасымыздың Жолдауы негіз болып отыр.

Барша отандастарымыз құптап, жаңды қолдау білдірген Жолдау жарияланғалы бері де екі айға жуық уақыт өтті. Осы уақыт ішінде әлемдік нарықтағы шикізат бағасының айтарлықтай арзандағанына, негізгі экономикалық әріптесіміз – Ресейде дүрлігіс басталғанына қарамастан ұлттық валютамыз – теңге өз тұрақтылығын сақтап қалды, қазақстандықтардың әл-ауқаты, тұрмыс деңгейі де төмендеген жоқ. Дер кезінде қолға алынып отырған кешенді шаралардың нәтижесінде төмендемейтіні де анық. Ең бастысы, Үкіметтің алдына нақты міндет – барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемінде қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр. Мұның өзі қандай жағдайда болсын әлеуметтік міндеттемелерді қамтамасыз етуге арналған қаражаттың қысқармайтындығын білдіреді.

Баса назар аударатын бір жайт – Елбасымыз осындай қиындықтардың болатынын өз халқынан жасырған жоқ, алдын ала ашық ескертіп, дағдарыс ауыртпалығын жеңілдету үшін қолдан келген барлық мүмкіндіктерді жасауда. Сондықтан да Жолдауға жаңды қолдау көрсетіп, елдігімізді таныту баршамызға ортақ міндет болмақ.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазіргі жағдайды бағамдап қана отырған жоқ, алыс-жақын болашақты да көрегендікпен болжап, біліп отыр. Содан кейін де өз Жолдауын жаһандық сынақтар басталмай тұрған кезде алдын ала жасады деп тұжырымдауымызға болады. Елбасымыздың осындай көрегендігінің арқасында біз 2007–2009 жылдарғы дағдарыстан да қиналмай шыға алдық, алдымызда тұрған жауапты сынақтардан да абыроймен өтетініміз айқын.

Отбасымның, әулетімнің көсегесі көгерсін деген азамат ертеңгі күннің қамын ойлап, мал өсіріп, азды-көпті қаражат жинақтайтыны белгілі. Бұл орайда осындай қиын кезеңдерден қиналмай шығу үшін құрылған Ұлттық қор жайында айтып өтпей тұра алмаймыз. Көзі қарақты замандастарымыз ұмыта қойған шығар, осы Ұлттық қор жаңадан құрылып, жұмыс істей бастаған кезде қор қаражатын Қазақстан азаматтарының бәріне бөліп бере салу керек деген ұсыныс та айтылған болатын. Сол ұсыныс жүзеге асқандай болса кешегі дағдарыс кезінде қандай күй кешкен болар едік, ертеңгі жағдайымыз қалай болар еді дегендей сұрақтар туындамай қоймайды.

Сөз орайы келгенде есте-ріңізге сала кетейік, 2007–2009 жылдарғы дағдарыстан қиналмай шығу үшін Ұлттық қордан 10 миллиард доллар жұмсалынды. Жолдауда айтылғандай, өткен жылдың ақпан айында экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014–2015 жылдарға 500 млрд. теңгеден екі транш бойынша 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданған болатын. Басталған жобаларды аяқтау және аса өткір мәселелерді шешу үшін Үкіметке Ұлттық қордан 500 млрд. теңге көлеміндегі екінші транш қаржысын шағын және орта бизнесті, сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеуге, банк секторын сауықтырып, «жаман» несиелерді сатып алуға, жаңа инвестициялар тарту үшін жағдайды жақсартуға жұмсау тапсырылды.

Ең бастысы, алдағы сынақтардан сүрінбей өту үшін 2015 жылдан 2017 жылға дейін Ұлттық қордан жыл сайын қосымша 3 миллиард доллар қаражат бөлінетін болады. Бұл аз қаражат емес.

Елбасы Жолдауы Үкімет пен атқарушы билікке ауқымды міндеттер жүктеп отыр. Бұл міндеттердің қай-қайсысын алып қарасақ та маңызды, өзекті болып табылады. Солардың қатарында болашақ ұрпақтың байлығы болып табылатын, ел мен елді, ағайынды байланыстыратын жол құрылысы мен мектеп, ауруханалардың жоғары сапалы қызметі де назардан тыс қалмаған. Ең бастысы, аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін барлық мүмкіндіктер жасалынып, қажетті қаражат бөлініп отыр.

Осы жерде бірінші басым бағыт – көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту бағыты жайында айта кеткен орынды деп ойлаймын. Бұл орайда негізгі автожолдар жобасын жүзеге асыру қажеттігі міндет етіп қойылады. Бұлардың бірқатарының өзіміздің Алматы облысына тікелей қатысы бар. Мәселен, Батыс Қытай – Батыс Еуропа, Астана – Алматы, Алматы – Өскемен автожолдары тікелей Жетісу жері арқылы өтеді. Бұған дейін төрт жолақты заманауи жол Алматы мен Талдықорған қалаларының арасында салынады деп келсек, ендігі жерде бұл жолдың Өскеменге дейін созылатыны белгілі болып отыр. Ел мен елді, ағайын мен туысты байланыстыратын, Жолдау тілімен айтқанда, алысты жақын қылатын жол құрылысы экономика үшін қиын кезеңде тіршіліктің қайнар көзіне айналмақ. Бұған тек жол құрылысы арқылы ғана жаңадан 200 мың жұмыс орыны ашылатынын айтсақ, айқын көз жеткізуге болады.

Жолдауда туризм үшін инфрақұрылымның жеке бағыт екендігі атап айтылады. Туризмді дамыту арқылы өңірлерде жұмыс орындарын көптеп құру мүмкіндігі молаяды. Мәселен, туризм саласында бір жұмыс орнын құру өнеркәсіпке қарағанда он есе арзанға түседі екен. Мұны табиғаты тамаша Жетісу өңіріне қарата айтуға әбден болады. Бұл орайдағы жұмыстар талапқа сай жүзеге асса, туризм үшін қажетті осы заманғы инфрақұрылым жасалса, жаннат өлкемізге әлемнің әр түпкірінен келетін туристер қатарының еселеп артары сөзсіз. Оңдай жағдайда өңір экономикасының өркендей түсетіндігі ешқандай күмән тудырмайды.

Нұрсұлтан Әбішұлы бұған дейінгі Жолдауларының бірінде қайда барарын айқындап алмаған кемеге жел ешқашан оңынан соқпайтынын атап айтқан болатын. Бұл тұрғыдан келетін болсақ, тәуелсіз еліміздің мақсат-мұраты айқын, сол мақсатқа жетер жолдағы қадамы қарышты. Нақтырақ айтатын болсақ, Жолдауда сөз болғандай "Нұрлы Жол" Жаңа Экономикалық Саясаты – әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына бару жолындағы біздің ауқымды қадамымыз" болып табылады.

Жолдау арқылы түйіні тарқатылатын мәселелердің бірі – апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемаларын шешу, балабақша жетіспеушілігін болдырмау. Онда білім беру мен денсаулық сақтау, ауылшаруашылығын дамыту бағдарламаларының жалғаса беретіндігі де атап айтылды.

Осы айтылғандардың барлығының бірлігіміз бекем болғанда ғана жүзеге асатыны ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Жолдауда айтылғандай, «Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі». Ендеше сол татулық, бірлігімізден ешқашан ажырамауымыз керек. Сонда ғана Мәңгілік Ел болу жолындағы қадамымыз қарышты, жұмысымыз жемісті болмақ.

◈ *Болашақтың отыны*

Мектепті «сабанмен» жылытады

Облысымызда жылыту маусымында мазут пен көмірден басқа, қоршаған ортаға көп зияны жоқ әрі үнемді отын түрлерін пайдалану құлашын кеңге жайып келеді. Нақтырақ айтқанда, егіншілер күзде алқапта қалдыратын немесе өртеп жіберетін кәдімгі сабаннан отын түйіршіктерін шығару және оны тиімділікпен пайдалану осыдан бірер жыл бұрын Көксу, Ескелді аудандарында қолға алынса, биылғы жылыту маусымында Кербұлақ ауданында да тәжірибеге енгізіле бастады.

Қазіргі кезде аудандағы 51 мектептің 12-сі жергілікті жерде өндірілетін сабан тектес биоотынға көшіріліпті. Болашақта қауіпсіз әрі экологиялық тұрғыда таза, қолжетімді отын түрін таңдаушылар қатары артары анық. Өйткені биоотынды пайдаланып отырғандардың пікірі жақсы. Біріншіден, аталған отын түрі көп қаржыны талап етпейді. Екіншіден, улы газ шығармайды. Сондай-ақ, алыстан тасымалдаудың қажеті жоқ. Өз өңірімізде өсірілген егіннен соңғы сабаннан өндіріледі. Басқа, басқа, облыстағы астықты алқабының көптігімен ерекшеленетін Кербұлақ ауданында сабаннан тапшылық болмасы анық. Тек, ерінбей дер кезінде жинап ал да, отын түйіршіктерін даярла.

Көксу ауылында іске қосылған, сабаннан отын түйіршіктерін өзірлейтін шағын зауыттың қожасы, кәсіпкер Серік Абыханов ауданның барлық әлеуметтік нысандары экологиялық таза отынға ауысатын болса, оларды қамтамасыз етуі үшін күндіз-түні жұмыс істеуге дайын екендігін айтады. Сонымен бірге үнемді әрі экологиялық таза отынға деген сұраныс күннен-күнге көбейе бастағанын да қуана баяндайды.

«Жергілікті сабаннан өзірленетін биоотынның бір тоннасы 26 мың теңге тұрады. Биоотынның екі тоннасы мазуттың бір тоннасының орнын басады. Қыста орта есеппен алғанда, мектепті жылытуға 70 тонна кетеді. Арадағы айырмашылықты өзіңіз есептеп көріңіз, тиімділігін дәлелдеуді қажет етпейді», – дейді «Абыхан» кәсіпорнының басшысы.

Зауытқа 70 млн. теңгеге сатып алынған жабдықтар Балтық жағалауындағы елдерден жеткізілпті. Шағын кәсіпорын тәулігіне 20 тонна биоотын шығара алады.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.
Кербұлақ ауданы.

◈ *Жайдарман жаңалық*

«Еркін ауылынан мал базары ашылады» деген хабарды естігенде алдымен қуанғанның бірімін. Себебі, біз қанша жерден өркениетті болдық десек те, көшпелі мал шаруашылығынан нәпақа табуға бүйрегіміздің бұрылып тұратыны анық. Ауламыздан сиырдың мөңіреген, қойдың маңыраған, жылқының кісінеген, түйенің боздаған дауысын естімесек, көңіліміз тыныш таппайды. Мал саудасымен айналысатын алыпсатар болмасақ та, демалыс күні көпшілігіміз мал базарын аралап қайтуды әдетке айналдырғанымыз шындық.

МАЛ БАЗАРЫ АШЫЛАДЫ

«Жетісу»

Қажет АНДАС

Бір қызығы, біздің өңірде мал базары тапшы. Бір ғана Көксу ауданы, Балпық би кентіндегі мал базарында әр жексенбі сайын Балқаш, Кербұлақ, Қаратал, Көксу, Ескелді, Ақсу, Сарқан аудандары мен Талдықорған, Текелі қалаларының шаруа қожалықтарының төрт түлігі саудаланады. Яғни, аталған базарға шаруасы жайлы, малы күйлі қожалықтар ғана малын саудалай алатынын ішіңіз сезіп тұрған шығар. Қолы қысқа, көлігі күйсіз шаруалар қолындағы бірді-екілі малын делдал саудагерлерге төмен бағада сатуға мәжбүр болады. Ал екі арадағы жол мен базар аумағындағы халыққа қызмет көрсететін орындардың нашарлығы сатушыларға да, тұтынушыларға да қиындық тудырып келді. Енді Еркін ауылындағы мал базары ашылса, осы қиындықтардың артта қалары анық.

Ауылшаруашылығы мамандарының айтуынша, аталмыш базар талдықорғандықтармен қатар қалаға жақын орналасқан елді мекендердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға да ықпал етеді. Әсіресе, қала маңындағы Еркін, Өтенай, Лесхоз және саяжайларда тұрып жатқан тұрғындардың қолдағы малының санын арттырып, тіпті, қосымша аула құстарын өсіріп, оның тұтынудан асқан бөлігін іргесіндегі базарда саудалап, әлеуметтік жағдайын түзеуге болады. Сондай-ақ, Талдықорған – Өскемен күрежолының бойына орналасатын нысанның ауыл маңындағы бос жатқан жерлерді халықтың игілігіне пайдалануға мүмкіндік беріп, қалаға көберістеп аумақтың сәулетіне де сән қосады.

Сонымен қатар, көптің қамын ойлап, мал базарын ашуға белсене кіріскен жеке кәсіпкер Бауыржан Барлыбаевтан білгеніміздей, 6 гектар аумаққа орналасатын мал базарында үсті шатырланып, заман талабына сай жабдықталған мал сату алаңы, мал соятын қасапхана, дайын ет өнімдерін сататын дүңгіршектер, басқа да ауылшаруашылығы тауарларын саудалайтын жәймалар, шайхана, автотұрақ, медпункт, тағы да басқа халыққа қызмет көрсететін орындар қарастырылады. Мұнда 47 азамат тұрақты жұмысқа тартылатын болады.

Мал базарының тезірек жұмысқа кіруін күтіп жүрген көпшілік «Осындай нысандар басқа да аудан орталықтарында іске асса нұр үстіне нұр болатын еді» деген пікірде.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

12 желтоқсан 2014 ж. №40-230

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

12 желтоқсан 2014 г. №453

Алматы облысының әділет департаментінде 2014 жылғы 29 желтоқсанда 2990 нөмірімен тіркелген.

Алматы облысының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4 тармақшасына сәйкес тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Еңбекшіқазақ ауданының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Алматы облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбекшіқазақ ауданы Евгеньевское ауылдық округі мен Маловодное ауылының атауы Бәйдібек би ауылдық округі және Бәйдібек би ауылы деп қайта аталсын.

2. Осы бірлескен Алматы облысы мәслихатының шешімі мен әкімдігі қаулысының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Бахтияр Әлтайұлы Өнербаевқа (келісім бойынша) жүктелсін.

3. Осы бірлескен Алматы облысы мәслихатының шешімі мен әкімдігінің қаулысы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы Қ. ҚОЖАБЕКОВ.

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

Облыстық мәслихаттың хатшысы Е. КЕЛЕМСЕИТ.

Мәңгілік Ел болу жолындағы қарышты қадам.

◈ *Ел игілігі*

Алакөл мен Алатауға, Балқаш көлінен Қорғас өткеліне дейінгі кең аумақты алып жатқан іргелі облыста көркемдігі көз тартатын зәулім-зәулім ғимараттар мен әсемдігі бірінен-бірі асатын елді мекендер бой көтерді. Мұның бәрі Елбасының өңірімізге келген әр жолғы сапары кезінде берген тапсырмалары аясында орындалғаны анық. Десек те, осы жұмысты шын ниетімен атқаруға атсалысқандардың төккен тері де аз болған жоқ. Сондай мекеменің бірі – облыстық сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаментінің басшысы Қанат АЙТҚҰЛОВПЕН жолығып, бірер сұрақты көлденең тартқан едік.





ДӘУЛЕТІНЕ СӘУЛЕТІ САЙ БОЛСА

«Жетісу»
Қажет АНДАС

– Қанат Оңғарұлы, алдымен сіз басқарып отырған мекеменің жұмыс бағытын егжей-тегжейлі біліп алсақ деп едік?

– Облысымызда сәулет және қала құрылысына қатысты болашақтық маңызы бар салмақты жұмыстардың түйінін тарқатып, реттеп, жөнге салып отырған бірнеше мекеме бар. Оның бірі – құрылыстарды жобалау жұмысымен айналысса, енді бірі – жобаға сай бой көтерген көпқабатты үй, жол бойындағы халыққа қызмет көрсететін нысан, түрлі мақсаттағы ғимараттар, жаңадан іргесі қаланған елді мекен, тіпті, жеке тұлғалардың үй-жайына дейінгі құрылыс жұмыстарының сапасын, заңдылығын, құрылыс талаптарына сай салынған-салынбағанын, бақылауды мақсат етеді. Біздің департаменттің құзырына құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын бақылау, тексеру, қадағалау және лицензия мен аттестат беру міндеті жатады. Жалпы, Алматы облысы сейсмикалық өңір болғандықтан барлық құрылыстың сәулеті мен сапасын қадағалау бізге жүктелген. Бұл қатарға жаңадан салынып жатқан және жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатқан нысандар да кіреді.

– Өткен жыл облысымыз үшін табысты болды. Өздердің салада да жетістіктер бар шығар?

– Жылқы жылы облысымыз бойынша тұрғын үйлер, ауруханалар, мектептер, балабақшалар, ауылдарға тартылған су жүйелері, электр жүйелері, республикалық маңызы бар және жергілікті жолдары, тағы басқа нысандар жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Демек, құрылыс жұмысы қарқынды. Алысқа бармай-ақ қоялық, облыс орталығының өзінде қаншама үй қолданысқа берілгенін көріп жүрсіздер. Көптеген отбасы жаңа қонысқа ие болып, қуанышын жұртпен бөліскеніне куә болып келеміз. Тіпті, сол құрылыстардың сәулеті мен сапасына қазірше сын айта қойған ешкімді көрмедік. Демек, біздің мамандардың атқарған жұмысы көптің көңілінен шықты деуге болады. Ендеше, өткен жылды осындай жетістікпен қорытындыладық дей аламыз.

– Елді елең еткізген кемшіліктер немесе өрескел заңбұзушылықтар орын алды ма?

– Әрине, бәріміздің жұмысымызда кемшіліктер орын алып жатады. Мәселе оның деңгейінің жоғары-төмендігінде. Жеке тұлғалар, кәсіпкерлер немесе мердігер компаниялардың ешқайсысы қателік жіберейін деп жұмыс істемейді. Күнделікті өмірдегі талап деңгейінің салмағы, жұмыс ырғағының сәйкессіздігі кесірінен артық-ауыс жағдайлар, ұсақ-түйек заңбұзушылықтар туындайтыны рас. Бірақ оның бәрі дер кезінде дұрыстalып, реттелгендіктен жұмыс қарқыны бәсеңсіген жоқ. Бір қуанарлығы, жылды жылға жалғап, сағызша созылатын арыз-шағым, дау-жанжалға ұласатын өрескел заңбұзушылық кездеспеді.

– Солай дегенмен, облыс әкімі жиналыстарда қазіргі салынып жатқан құрылыстарға, әсіресе, ғимараттардың сәулеті мен сапасына, жобалық жағдайына көңілі толмайтынын жиі айтып жүреді.

– Иә, кейінгі кездері Алматы қаласының маңында салынып жатқан құрылыстар мен тұрғын үйлер жайлы сын-ескертулер жиі айтылып жүр. Оның да өзіндік себебі бар. Өзіңізге белгілі, кейінгі жылдары Алматы қаласының маңындағы облысқа қарасты біраз жер телімі, елді мекен, көптеген ғимарат, жеке үйлер қала аумағына қосылды да, кезіндегі архитектуралық жағдай, құрылыстың сапасымен сәулетіне қойылатын талап өзгерді. Былайша айтқанда, кезінде салынған құрылыстардың сәулеті мен сапасына бүгінгі күннің талабы бойынша қарау күшейді. Сондай-ақ, республикалық деңгейдегі маңызды жобалардың жүргізілуі, қала, өңірлердің ұзақ уақыттық даму жоспарының қайта қаралуы, жеке тұрғын үйлердің қатарының көбеюіне әсер етпей қалмады. Жағдай мен талаптың өзгеруі кемшіліктердің жарқырап көрінуіне себеп болып отыр. Яғни, бұл жағдай бір күнде пайда болған жоқ. Сондықтан оның бәрін жиып-теріп бір-ақ күнде шеше салуда қолдан келмейді. Десе де, департамент мамандары бұл бағыттағы жұмыстарын ширатып, белсенді жұмыс атқарып келеді.

– Кейінгі кездері республикалық жолдардың бойында немесе жаңадан ашылған елді мекендерде «Қызыл сызықтан» асырып құрылыс салу мәселесі жиі орын алуда. Бұған сол жердің иелерін ғана кінәлауға болмайды. Шынын айтқанда, жер беру кезінде де кемшіліктер кеткенін мойындау керек шығар?

– Әрине, қазіргі күнде мұндай келеңсіздіктер тіптен көбейіп келеді. Оған да өңіріміздегі инфрақұрылымның өзгерісі себеп болып отыр. Айталық, қала, аудан аумағындағы біраз елді мекеннің архитектуралық жобасы біраз жыл бұрын дайындалды. Ол бүгінгі талапқа сай келмей отыр. Тағы бір жағынан кезінде жергілікті билік тарапынан жекелерге тұрғын үй салуға бөліп берген жерлер бүгінгі республикалық, облыстық, аудандық бас жоспарға сай, басқа мақсатқа пайдалануы керек. Қайшылықтың бір түйіні осында. Тіпті, Батыс Қытай – Батыс Еуропа магистральді жолының салынуы, Тәжікстан – Қазақстан – Қытай газ құбырының тартылуы, Қорғас – Жетіген теміржол құрылысы, Қорғастағы «Құрғақ порт» жобасы, Алматы – Талдықорған – Өскемен тасжолы құрылысының жүргізілуіне байланысты жол бойындағы халыққа қызмет көрсететін нысандардың «Қызыл сызыққа» кіріп кететін жағдайлары орын алуда. Әрине, бұл біліп тұрып, қасақана жасалған заңбұзушылық емес. Мысалы, кезінде Алматы – Талдықорған тасжолы екі жолақты болды. Қазір Алматы – Қапшағай арасына алты, Қапшағай – Талдықорған арасына төрт жолақты жол төселіп жатыр. Ендеше, кезінде «Қызыл сызықтың» сыртына салынған нысандар бүгінде сол сызықтың ішінде қалып отыр. Әрине, олар заң бойынша сүріліп, жобасы жаңаланып, қайтадан салынуы керек. Сіз айтқан мәселенің туындау себебі осындай жағдайларға байланысты.

– Көпшілік арасында: «Үйді салып біткеннен кейін тиісті айыппұлын төлеп, құжаттарын алған жөніл болады», – деген түсінік қалыптасқан. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Жасыратыны жоқ, кезінде құрылыс жұмысын бастамас бұрын оның жобасын, тағы да басқа тиісті талаптарын орындауда кездесетін қиындықтардан қашып, алдымен үйді немесе басқа да нысанды салып бітіріп, сосын құжаттандыру үшін құжат толы сөмкесін арқалап есігімізге келетін азаматтар көп кездесетін. Алайда, сол құрылыстар әркімнің өз қалауы бойынша тұрғызылғандықтан сәулеті, сапасы, архитектуралық деңгейі заң талаптарында көрсетілген белгілемеге қайшы келеді. Бірақ, кезінде мұндай мәселенің көпшілігін айыппұлдың есебімен шешім етуге болатын. Ол кездегі айыппұлдың мөлшері де 35 мың теңгенің айналасында еді. Қазір заңсыз салынған құрылыстар тұрғылықты өңірдің құрылыс нормасына сай келмесе сүріліп тасталады немесе 120 АЕК мөлшерінен бастап айыппұл салынады. Біздің тәжірибеміз бойынша заңсыз құрылыс салудың екі түрлі себебі бар. Тұрғындардың көпшілігі жер теліміне берілетін жекеменшік құқығын білдіретін мемлекеттік актіні талап етпей, рұқсат қағазынсыз-ақ құрылыс жұмысымен өз бетінше айналысады. Кейбіреулер "кең-байтақ қазақтың жеріне басқалар емін-еркін қоныстанып жатқанда, мен неге үй сала алмаймын" деген әпербақандық пиғылмен іске кіріскен. Осы орайда, азаматтарға бұрынғыдай жағамызды жайлауға жіберіп, қазақы көңілшектікпен жүре беретін уақыттың өткенін ескерткім келеді. Сондықтан, мейлі, қандай да бір нысанды қолға алмас бұрын оның керекті құжаттарын дайындап, одан кейін біздің мекеменің қадағалауында жұмыс атқарғаны жөн. Қысқасы, әрбір азаматтың заңға бағынуы, оны мүлтіксіз орындауы басты талап екендігін естен шығармау керек.

– Осындай қателікке жол бермеу үшін азаматтарға қандай кеңес айтар едіңіз?

Мейлі, бір бөлме үй салмақ болсаң да оның әдемілігіне мән беріп, сапасына ден қойған жөн. Осындай сұрақпен келгендерге әрқашан мекемеміздің есігі ашық, мамандар заңнамалық тұрғыда көмек көрсетуге дайын. Мұнда келуге ерінсе, департаменттің **27-35-48** сенім телефонына хабарласып, сұрақтары бойынша тұщымды жауап алуға да болады. Бірақ соны ескермей, қателікке жиі бой алдыратын жерлестеріміз жетерлік.

Жеке тұрғын үй салуды немесе халыққа қызмет көрсету нысандарын тұрғызуды жоспарлап жүрген азаматтар немесе кәсіпкерлер жұмысты, ең алдымен, жер телімін алудан бастағаны жөн. Өзінің көңіл қалауына үйлесімді жер телімін алғаннан кейін тұрғылықты ауданның сәулет-құрылыс бөлімі беретін «Сәулеттік жоспарлау тапсырмасында» көрсетілген талаптар бойынша тиісті құжаттарды дайындауға кірісу керек. Осы құжаттарды толығымен жинап, біздің мекемеге хабарлама береді. Бұрын «рұқсат» деп аталатын құжаттың қазір хабарламаға ауысқанын айта кеткенім жөн. Сол хабарлама берілген күннен бастап құрылыс жұмысын жүргізе беруге болады. Біз де сол күннен бастап, заңда көрсетілген авторлық және техникалық қадағалау талаптары бойынша тексеріс жұмыстарын бастаймыз. Егер басталған жұмыс аяқталғанға дейінгі тексеріс барысында заңсыздыққа жол берген жағдайлар кездессе департамент мамандары жеке тұлға немесе мердігер ұйымдарға ұйғарым береді. Олар сол ұйғарымды орындаған жағдайда ғана жұмысын ары қарай жүргізуге мүмкіндік алады. Орындалмаған жағдайда құрылыс жұмысымен айналысса құзіреттілігімізді пайдалана отырып, қатаң шаралар қолдануға барамыз.

– Соңғы 3-4 жыл аралығында облыс орталығы Талдықорған қаласының сәулеттік келбеті айтарлықтай жаңарып, кешенді шаралар жүйелі жүргізіле бастады. Облыс орталығынан басталған жаңару аудан орталықтарынан асып ауылдарға да жетті. Қазіргі облыс аумағында, нақтылап айтқанда, Талдықорған қаласында салынған, салынып жатқан құрылыстардың сәулетін қалай бағалайсыз?

– Кез келген мемлекеттің өркендеуі мен дамуының басты шарты, әрине, оның экономикалық әлеуетінің артуымен тікелей байланысты. Бұл тұрғыда Елбасының сындарлы саясатының арқасында еліміздің экономикасы қарыштап дамып, ТМД елдері арасында көшбасшы мемлекетке айналып отырмыз. Бірақ еліміздің өркениетке бет алған қадамына сәйкес елді мекендерді жоспарлау, дамыту, сәулеті келіскен ғимараттар салу барысында елді мекендердің Кеңес заманында әзірленген бас жоспарлары заман талабына жауап бере алмады. Оның үстіне, нарықтық экономика барлық салада, оның ішінде сәулет және қала құрылысы саласын дамытуды қайта қарауды, түбегейлі өзгерістер жасауды талап етті. Осыған орай, Жетісу өңірінің ұзақ мерзімге арналған стратегиялық даму бағытын айқындайтын бас жоспар мен даму сызбаларды әзірлеу мәселесі қолға алынды. Нәтижесінде, қауырт жұмыс атқарылып жатыр.

Ендеше, алысқа бармай-ақ, Талдықорған қаласына бір көз жүгіртіп өтелікші. Ел егемендігін алғалы қай салада болмасын тың бастамалар көтеріліп, ауқымды істер атқарылып келе жатқаны мәлім. Соның ішінде, әсіресе, республикамыздың басты-басты қалаларын, ауыл-аймақты көркейтіп, абаттандыру жұмыстары қолға алынды. Уақыт талабына сай облыс орталығына көшіп келушілер қарасының көбеюіне байланысты қала аумағы кеңейтіліп, жаңа шағын аудандар тұрғызыла бастады. Мысалы, «Қаратал» шағын ауданы сондай қарқынды жұмыстың нәтижесінде бой көтерді. Сол аудандағы Қаратал өзенін бойлай салынған көпқабатты ғимараттар, Достық үйі мен Тіл сарайы, «Жетісу» теннис орталығы, Шаңғы алаңы, Назарбаев зияткерлік мектебінің көркемдігі еліміздегі қай ғимараттан кем дей аласыз. Ал «Жастар» спорт сарайы мен ел «6-шағын аудан» деп атап алған қаланың шығаберісінде салынып жатқан әрбір ғимараттың көрген адамды ризашылыққа бөлейтіні өз алдына бөлек әңгіме. Алдағы уақытта да қаламызда ауқымды жобалар атқарылатын болады. Бәрінің дәулетіне сәулетінің сай боларына сенімдімін. Бойында отансүйгіштік қасиеті бар әрбір жас өңіріміздің бүгінгі келбетіне сүйсініп, келешек көркімен мақтана алатын болуы тиіс.

– Әңгімеңізге рахмет.



Өзенді өлкенің өрнекті келбеті.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Жетісу

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 23 (18011) Бейсенбі, 26 ақпан, 2015 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Білім бағамен ғана БАҒАЛАНБАЙДЫ 2-бет

Жырдың КЕНЕЖИРЕНІ 3-бет

Қалдырған ІЗІҢ МӘҢГІЛІК... 4-бет

▲ХАЛЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. НАЗАРБАЕВҚА «Елім-ай» түрғын үй кешені мен «Елисей даласы» коттедж қалашығы үлескерлерінің ҮНДЕУІ

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Түрғын үй құрылысын салу үшін үлескерлер берген қаражатты қымқыру арқылы ел азаматтарын өздерінің торына түсірген құрылыс саласының алаяқтарына сеніп қалып, қиын жағдайға тап болған Алматы облысының үлескерлері Сізге алғыршілігіңіз бен әкелік қамқорлығыңыз үшін үлкен алғыс айтады. Сіз алданып қалған үлескерлерге қажетті қаржылай көмек көрсеттіңіз, сойтіп әлемдік тәжірибеде тұңғыш рет проблемалық үлестік нысандардың мәселесін шешіп бердіңіз.

Біздер, үлескерлер, әлемдік дағдарыс жағдайында ел экономикасын сапалық жаңа деңгейге көтеретін тендесі жоқ «Нұрлы жол» жаңа экономикалық бағдарламасымен де шынайы алғыс сезімімен таныстық.

Төуелсіздік жылдарында біз Сіздің өз халқыңызға жасап отырған қамқорлығыңызды айқын сездік. Осы жылдар ішінде Сіз әлемдік қатерлер мен проблемаларға қарамастан еліміздің сенімімен алға бастап келдіңіз.

Сізден ел Президенті сайлауын мерзімінен бұрын өткізуді және өз кандидатураңызды Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ұсынуыңызды өтінеміз. Бөріміз қадір тұтатын құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, біз бұл сайлауға белсенді түрде қатысып, Сізге дауыс береміз. Біздің өтінішімізді қолдауыңызды өтінеміз!

ҚҰРМЕТПЕН СІЗДІҢ ОТАНДАСТАРЫҢЫЗ, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ҮЛЕСКЕРЛЕРІНІҢ БІРЫҢҒАЙ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ.

▲БІЗДЕН ДЕ БІР ПІКІР



Серікбай ШҮРІНБАЕВ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

Халқымыз үшін жауапты кезең

Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінде көтерілген кезектен тыс Президент сайлауын өткізу заңға сүйеніп жасалған ұсыныс әрі құптарлық жайт. Бұл ұсыныстың өзі Елбасының жүргізіп отырған саясатына көрсетілген сенім деп білемін.

Бүгінгі күнде Қазақстан әлеуметтік-экономикалық дамудың табысты көрсеткішін, сондай-ақ, еліміздің бірлігі мен гүлденуінің бейбітшілік қорғаны екенін көрсетіп отыр. Елімізде медиа сала мен азаматтық қоғам институттары қарқынды түрде дамуда, олар өздерінің жобаларын қоғамның әртүрлі әлеуметтік саласында тиімді пайдалануда. Шыны сол, егеменді елімізді бүкіл әлем мойындап отыр. Елбасының кемеңгерлігі мен ерік-жігерінің нәтижесінде еліміз талай қиын кезеңдерден өтіп, дамыған, ірігесі берік, беделді мемлекетке айналды.

Ел экономикасының тұрақсыз кезінде, 90-шы жылдардың соңында Қызылорда облысы әкімі қызметінде жүргенімде халықтың гуманитарлық көмекке зәру болғанын өз көзіммен көріп едім. Енді, міне, 20 жылдан аса уақытта еліміз сондай көмекке зәру елдерге гуманитарлық көмек қолын созып, оларды экономикалық тұрғыдан қолдап отыр.

Меніңше, Президенттік сайлауды мерзімінен бұрын өткізу қазіргі әлемді жайлаған экономикалық дағдарыс кезеңіндегі халықты қиналтпау мен ауыртпашылық түсірмеудің кепілі деп білемін. Қазақстанның бір азаматы ретінде еліміздің жарқын да бақытты болшағына деген сенімді тек қана Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атымен байланыстырамын. Бұл сайлау да көптеген мәселені шешіп, саяси жүйе мен мемлекеттік биліктің тұрақтылығын нығайтады деп ойлаймын.

(1-бетке назар аударыңыз).

▲ИНВЕСТИЦИЯ

Расында, мемлекет қуатты болса, халықтың өл-ауқаты күннен-күнге артып, әлемнің озық елдерінің қатарына көтерілуі тездейді. Демек, экономикамыз өркендесе, басқа саланың да арнасы аршылып, түлері сөзсіз. Осы орайда облысымызда кейінгі жылдары түрлі саланы байыпты дамытудың кешенді жоспарлары қолға алынды. Сол қатарда құрылыс саласына қан жүгіріп, өлкемізде әсем ғимараттар бірінен соң бірі бой көтере бастады. Әрине, сәулеті жарасқан нысандар кім-кімді болса да таңғалдырып, қызығушылығын тудыратыны анық. Жетісу өңірінің орталығы Талдықорған қаласы да жыл озған сайын бой түзеп, алыстан меңмұндалайтын әсем құрылыстарының көркемдігімен айшықталып келеді.

«Жетісу» Қажет АНДАС



ҚОНАҚҮЙ ҚАЗЫҒЫ ҚАҒЫЛДЫ

Кеше облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВТЫҢ** қатысуымен Талдықорған қаласына кіреберісте бой көтеретін 16 қабатты қонақүйдің қазығы қағылды. Аумағы 2 гектар жерге орналасқан, қала қонақтары мен шетелдік туристерге қызмет көрсетудің барлық түрі қамтылған жаңа ғимарат қаламыздың сәулетіне сән қосатын болады. Сонымен қатар, қонақүй тек қана қала қонақтары мен шетелдік туристерге қызмет көрсетіп қоймайды. Онда қалалықтар түрлі мерекелік шара ұйымдастыратын концерт залы, жастардың рухани өлемін байытатын кинотеатр, тағы да басқа мәдени орындар болады. Қалалықтардың қалыпты өміріне қан жүгіртетін нысан 100 адамды жұмыспен қамтып, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге де сеп болмақ. Жаңа нысанның мүмкіндігімен толық танысып шыққан облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы:

– *Алдағы уақытта қалада бірқатар жаңа нысан салуды жоспарлап отырмыз. Бізде облыс жетістіктерін көрсететін көрме кешені жоқ, соны тұрғызуымыз керек. Соныменбірге жастардың шаңырақ көтеріп, жаңа өмірге аттаған қадамдарының әсем ғимараттан басталғаны дұрыс қой. Сол себепті де Салтанат сарайы қажет. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астананы қалай көркті де әсем етіп тұрғызса, біз де содан үлгі алып Талдықорғанды солай жасауға тиіспіз. Соған орай, Қазақстан Архитекторлар одағының мүшелерінен комиссия құрдық. Сол комиссияның шешімен ескере отырып, қала келбетіне айшық қосатын үздік жобаларды жүзеге асырамыз, – деді.*

Демек, қаламызда қуанышты қоныстойлар көп болады деген сөз. Алайда, айналамыздағы елдердегі экономикалық тұрақсыздық еліміздің салалық дамуына әсерін тигізбей қалмады. Бұл құрылыс саласына да ықпал етті. Соған орай кейбір жоспарлардың кейінге шегерілгенін білеміз. Десе де, Елбасының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасының кемегі, облыс әкімі Амандық Ғаббасұлының мол тәжірибесі мен іскерлігінің арқасында өлкемізге инвесторлар көптеп тартылуда. Сол қатарда жоғарыда айтылған қонақүй «Falcon Petroleum» компаниясының қаржысымен бой көтермек. Компания терагасы Мұрат Әділхановтың айтуынша, аталмыш компания алдағы уақытта Талдықорған қаласынан заманауи сауда орталығын салуды жоспарласа, Алакөл ауданы, Ақши ауылынан, яғни, Алакөлдің бойынан жалпы аумағы 7,5 гектар жерге орналасқан ұзыны 277 м. ені 61 м. қонақүй кешенін қолға алмақшы. Бұл жолы осы алып жоспарды облыс әкіміне егжей-тегжейлі түсіндірген компания өкілдері біраз жылдың ішінде Жетісу өңірі туризмді дамытатын аймаққа айналатынына сендірді.

Иә, «Бітерістің басына, жақсы келер қасына» дегендей, облыс әкімі Талдықорған қаласындағы қонақүй құрылысын жүргізетін мердігер компания «SOUTHFORK LTD» ЖШС-нің құрылысшыларына жұмысты сапалы әрі жылдам жүргізуді тапсырды.

Құрбандық шалының, ақ тілеумен қазығы қағылған нысан жоспар бойынша қазан айында ел игілігіне беріледі.



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына арналған Техет-133 ұялы телефоны жуырда аудандағы жиырма ардагерге тапсырылды.

«Жетісу» Серік САТЫБАЛДИЕВ



ҚЫЗЫЛ ТҮЙМЕЛІ ТЕЛЕФОН

Кешегі майдангерлер енді тек қана дәрігерлік көмек емес, басқа да шұғыл жәрдем қызметтеріне тәулігінің кез келген уақытында шұғыл жүгіне алады. Ол үшін телефонның артқы жағындағы «SOS» қызыл түймесін басса болғаны, санаулы секундта орталықтың операторларымен жедел байланысқа шығады.

Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қырғызбек Атагелдиев бастаған еріктілер тобы екі күннің ішінде аудандағы майдангер карттардың үйлерін аралап шығып, бірегей құрылғыны иелеріне табыстады. Топ құрамында аудандық жастар саясаты орталығының кеңесшісі Құралай Бектасова, «Жас Отан» жастар қанатының мүшесі Дархан Малаев қариялар мен олардың туыстарына телефонды қалай қолдану керектігін түсіндірді. Шұғыл көмек түймесі бар қаранайым ұялы телефон ардагерлер үшін арнайы дайындалған. Көз жанары әлсіздерге де оны пайдалану оңай. Әр түймесін басқан сайын қай санның терілгені дауыстап айтылады.

Жеңістің жетпіс жылдық мерейтойы қарсаңында жасалған бірегей тартуды еріктілер тобы аудан елді мекендерінде тұратын ардагерлерге жеткізіп, олардың хал-жағдайын, тұрмыс-тіршіліктерін білді.

Жамбыл ауданы.

▲МАЛ ҚЫСТАТУ

Ескелді ауданындағы «Хильниченко және К» сенім серіктестігі жылма-жыл мал басын өз төлі есебінен көбейту жолында ауқымды жұмыс атқарып келеді. Соның арқасында шаруашылық малшылары биылғы қыстаманы да ойдағыдай өткізуде. Бұған былтырғы жылдың қуаңшылығына қарамастан жеткілікті мөлшерде өзірленген жемшөп қоры мол септігін тигізді. Мәселен, былтыр сапалы салынған 9,5 мың тонна сүрлем, 4,5 мың тонна пішендеме және қажетті мөлшердегі қоспажем малды қоңды етіп, қыстан шығынсыз шығаруға мүмкіндік беріп отыр.



ШЫҒЫНСЫЗ ШЫҚТЫ

Біз бұған шаруашылықтың №3 ірі қара мал фермасында атқарылып жатқан жұмыстың куәсі болып, көз жеткізе түстік. Ферма меңгерушісі Андрей Геншпен әңгіме барысында бүгінгі таңда атқарылып жатқан қарбалас жұмыс жайында егжей-тегжейлі мағлұмат алдық.

– Қазір бізде 830 бас ірі қара бар. Оның 303-і сауын сиыр. Өткен жылы әр сауын сиырдан 4500 литрден сүт сауып, төлдейтін әр жүз сиырдан 96-дан бұзау алдық. Биыл бұл көрсеткіштерді төмендетпеуге тырысудамыз. Соған байланысты төл алу секілді маңызды науқандарды табысты атқару үшін барлық мүмкіндікті пайдалану қажет. Сауыншылар жыл басынан бері 12 мың центнерге жуық сүт сауды. Әр сиырға шаққанда орта есеппен 4485 литрден сүт айналуда, яғни, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда әр сиырдан алынған сүт мөлшері 300 литрдей артып отыр. Биылғы жылғы көрсеткіштеріміздің де жоғары болуына сенім мол. Мұның бәрі мал басын күнделікті 4 келі қоспажеммен және арнаулы дәрумендік қоспалармен қосымша азықтандырып отыруымыздың арқасында. Сондықтан, бордақыдағы жүзеге тарта тайынша тәулігіне 900 грамға дейін, ал бұзаулар 700 грамға жуық салмақ қосуда. Фермада еңбек ететін 33 жұмысшы өз ісін жетік меңгерген маман. Солардың арасынан сауыншылар Алма Боранбаева, Александр Антипов, бұзау күтушілер Ирина Оселовская, Светлана Кондратьева және тарату механизатор Райнгольд Шиман, тағы басқаларының еңбегін атап өткен абзал, – деп шолып өтті ферма басшысы.

Фермадағы қарбалас жұмыс малшылардың биылғы меже биігінен көрінетінін айқындай түсетіндей.

Шора БАТЫРБАЕВ, *Ескелді ауданы.*

■БҮГІНГІ КҮН МӘСЕЛЕСІ

ЖЕР ҚАДІРІ БАҒАЛАСАҢ АРТАДЫ



Жер – адамзаттың байлығы. Бойында жаны бар тіршілік иесінің бәрі оның аясында дамиды, өседі, өнеді, одан нәр алып, қуаттанады. Ел экономикасы, байлығы, бақыты, болашағы осы жермен тікелей байланысты. Демек, жерді қорғау, оны барынша тиімді пайдалану, сақтау әр адамның борышы. Бүгінде өңірде жер мәселесін шешуде нақты істер атқарылуда. Соның бірі жерге орналастыру. Облыста былтыр осы жұмыс бойынша ауылдық елді мекен жерінің шекараларын белгілеуге және кадастрлық карта мен атластарды құруға қомақты қаржы қарастырылып, мақсатты жұмсалды. Жердің дұрыс пайдаланылуы мен қорғалуы бағытында да жүзеге асырылып жатқан жұмыс аз емес.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің арнайы бұйрығымен 2014–2016 жылға арналған жерді пайдалану саласындағы мәселені шешу бойынша кешенді іс-шара жоспары бекітілді. Онда ауылшаруашылық жерін тиімді пайдалану, топырақ құнарын қалпына келтіру, жайылым алқабын жақсарту, ақпараттандыру мен ғылыми қамтамасыз ету, құқықтық ұйымдастыру, экономикалық және технологиялық шара толығымен қарастырылған. Қазір аталған жоспарды орындау мақсатында тиісті іс-шара жүзеге асырылуда. Облыс әкімдігі таратымнан ауылшаруашылық мақсатындағы жерге тексеру жүргізу үшін облыстың мүдделі органдарынан тұрақты комиссия құрылды. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін бөлуде инфрақұрылымы жасақталған, заң талабын қатаң сақтау үшін барлық аудан-қала әкіміне арнайы тапсырма да берілді. Қазір ауылшаруашылық мақсатындағы жердің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуде жер телімін түгендеу жұмысы жүргізілуде. Елбасының өткен жылы облысқа келген жұмыс сапары барысында берген тапсырмасын орындауда ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер тексеріліп, пайдаланылмай жатқан 233 770,12 гектар жер анықталды. Оның ішінде суармалы алқап, талмді егістік, қоғалдық, екпе ағаш пен тыңайған және шабындық, жайылымдық жерлер де бар. Нәтижесінде қажетті шара қабылданып 16 554,15 гектар жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылды. Ал 2 298,4 гектар жер иесі жерлерін пайдалануға кіріскен. 61 744,4 гектары иесіз мүлік ретінде есепке алынды. 23 301,1 гектар жердің материалы сот қарауында, тиісті шара қабылдау мақсатында 127 137,1 гектар жердің материалы жер инспекциясына жолданып, қалпына келтіру ескерту берілді. Бүгінде тұрақты жұмыс комиссиясы пайдаланылмай жатқан жер телімін мемлекет меншігіне қайтару бойынша жұмысты қолға алды. Соңғы жылдары өңірде жеке тұрғын үй салу үшін кезекте тұрғандар көбеюде. Осыған орай, жер телімін беру жөніндегі өтінеш арнайы есепке алынып, берілетін алаңның дайын болуына байланысты немесе жеке тұрғын үй құрылысы үшін пайдаланылған бос аумақ болған жағдайда қачағаттандырылады. Өткен жыл басынан 39 дайын алаңда инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген сегіз жүзден аса жер телімі бөлінген. Дегенмен халық тығыз орналасқан Талдықорған мен Алматы қаласы маңы аймағындағы ауданда жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер теліміне өтініш берушілер саны артуда. Былтыр үш жүзден аса шаруа қожалығы, жеті ЖШС, бір өндірістік кооператив пен бес мемлекеттік емес кәсіпорын иесі жер телімін пайдаланудан өз еркімен бас тартты. Мемлекет мұқтажы үшін иелігтен шығарылуға жататын облыс аумағындағы «Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы», «Алматы–Қапшағай», «Алматы–Өскемен», «Ақбұлақ–Бірлік–Талғар» автомобиль жолының құрылысына қажет жер телімін иелігтен шығаруда мемлекеттік қаржыны үнемдеу мақсатында жер пайдаланушыларға тең бағалы жер телімін беру арқылы екі жүзден аса жер телімінің иесі жер учаскесінен өз еркімен бас тартты. Мемлекет мұқтажы үшін сатып алынатын нысан мен алып қойылатын жер телімі мәселелері облыс әкімдігінің тұрақты бақылауында. Мемлекет мұқтажы үшін иелігтен шығарылуға жататын облыс аумағындағы «Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы», «Батыс Еуропа–Батыс Қытай», «Алматы–Қапшағай», «Алматы–Өскемен», «Ақбұлақ–Бірлік–Талғар» автомобиль жолының және «Қазыбек бек–Жетіген» айналмалы темір жол құрылысына қажет жер телімін, меншік иесі мен жер пайдаланушыға өтемақы төлеу немесе оларға тең бағалы жер беру арқылы жүзеге асырылуда.

«Батыс Еуропа–Батыс Қытай» автомобиль жолының құрылыс белдеуіне 949 жер телімі енсе, оның 179-ы мемлекет меншігінде. Еңбекшіқазақ ауданында сатып алынбаған 1 жер телім бар. Сот шешіміне сәйкес анықталған «Адал» АӨК-нің жері бойынша биыл республикалық бюджеттен 646,5 млн. теңге, «Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы», «Алматы–Қапшағай» және «Алматы–Өскемен» әуежол жобаларына қайта бөлу туралы облыстық мәслихатқа бюджеттік өтінім жолданды. «Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының» құрылысы белдеуіне 939 жер телімі енсе, оның сатып алуға жататыны 722. Жер телімін иелігтен шығаруда 577 жер телімі сатып алынса, 4 жер телімінің материалы сот қарауында. «Алматы–Қапшағай» автомобиль жолы құрылысына 129 жер телімі қажет, оның 46-сы мемлекет меншігінде. 83-і сатып алуға жатады, оның 53-і сатып алынған, 16-сы мемлекет меншігіне қайтарылды, 11 жер телімінің меншік иесіне тең бағалы жер берілді. Ал 1 жер телімінің меншік иесімен келісімшарт жасалуда. 2 жер телімінің материалы сот қарауында. Олардың бағасы сот шешіміне сәйкес анықталады.

«Алматы–Өскемен» автомобиль жол құрылысына 180 жер телімі түседі. Қазіргі уақытта иелігтен шығарылмаған 74 жер телімі бар, оның ішінде біреуінің меншік иесінің келісіміне байланысты құжаттар ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотқа жолданды, жол белдеуі Бақтыбай және Балпық би ауылын айналып өтетіндігіне байланысты 73 жерді сатып алу қажеттігі болмауы мүмкін. «Ақбұлақ–Бірлік–Талғар» автомобиль жолы бойынша 305 жер телімі мемлекет мұқтажы үшін алынуға жатады. Оның ішінде сатып алынатыны 288, 17-сі сатып алынбайтын мемлекет меншігіндегі жерлер. Талғар ауданы әкімдігімен жол белдеуіне түсетін жер телімінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларына пошта арқылы хабарлама таратылып, ол әділет басқармасында тіркеуден өткізілді. ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне республикалық бюджеттен бөлінген «Бірлік–Алмалық–Рысқұлов–Береке–Ақбұлақ» автомобиль жолына түсетін жер телімін сатып алуға қажет қаражат бөлу жөнінде бюджеттік өтінім жолданды. Жер телімін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға бақылауды күшейтуде облыс әкімі өкімімен өңірдің мүдделі мемлекеттік органдары мен прокуратура өкілдерінен жұмыс комиссиясы құрылды. Олар қазір аймақтың әр ауданы мен қаласында жұмыс жүргізуде.

Сонымен қатар, құрылысы бюджет жоспарланған «Жетіген–Қазыбек Бек» айналмалы темір жол жобасына қажет жер телімін мемлекет мұқтажы үшін иелігтен шығару жұмысы басталды. Аталған жоба бойынша 154 жер телімі сатып алуға жатады. Осы жобаға қажет жер телімін құқық табыстауға жол бермеу үшін ауданның жер қорындағы және жалға алу құқығындағы 648,45 гектар жер резервке алынды. Облыстық және аудандық уәкілетті мемлекеттік органдармен жер телімін мәжбүрлеп иелігтен шығару кезінде төленетін өтемақы құнының қолданыстағы заңға сәйкестігі қатаң бақылауға алынып, аталған бағыт бойынша жұмыс жалғасуда.

Елбасының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында жаңа инвестиция тарту бағытында тиісті жұмыс жүргізу қажеттігі көрсетілген. Осыны жүзеге асыруда түңғыш «Құрғақ порт» кешені мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы құрылысын аяқтауға бөлінген 81 млрд. теңге қаржы қарастырылды. Былтыр жекеменшікке 18,9 мың гектар ауылшаруашылық мақсатындағы жер сатылды. Басым бөлігі Еңбекшіқазақ, Қарасай, Іле, Талғар ауданында. Шағын және орта бизнес өкілдеріне де жер берілді. Біздің алға қойған мақсатымізді айқын. Олар жер ресурстарын тиімді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, мемлекет мұқтажы үшін алып қойылатын жер телімін уақытылы сатып алу және жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мен жүзеге асыру, сондай-ақ, көрсетілетін мемлекеттік қызмет саласын арттырып, ауылшаруашылық мақсатындағы жерді тиімді пайдалану бойынша шара қабылдау болып табылады.

Жолан УМАРОВ,
облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы.

Әлем жаңалықтары

Бішкекте 89 жыл болмаған суық



Синоптиктердің мәліметінше, кеше Қырғызстанда ауа-райы тарихы уақытында 89 жыл болмаған суық түсті.

ҚР ТЖМ жанындағы гидрометеорология агенттігінің директоры Зарылбек Ибраевтың айтуынша, кеше тәулігіне ауа температурасы 13 градус суықтықты көрсетті. «Түнде 18 градусқа дейін төмендеуі мүмкін. Төменгі температура екі күн тұрып, 2-3 сәуір күндері күн жылынады», – дейді ол.

Бішкек қаласы әкімдігінің хабарлауынша, қала жолдарына 180 тонна құм мен 16 тонна тұз қосылған себілген. Қар тазалауға 19 техника шығарылып, «Тазалық» муниципалдық кәсіпорнының 60 қызметкері жұмылдырылған.

Табиғаттың тосын мінезінен бұрын жара бастаған жеміс ағаштарын үсік шалып, ауылшаруашылығы тәуір өндіруші елдерінің болашақ жоспарын бұзған.

Ең жоғары ақы төленетін актер



Еңбегі үшін ең көп ақы төленетін голливуд киноактерлерінің рейтингін Леонардо Ди Каприо бастады. Ол «Волк с Уолл-Стрит» фильміндегі рөлі үшін 25 миллион доллар алған. Бұл туралы The Hollywood Reporter басылымы жазды.

Кейін Роберт Дауни, Сандра Буллок, Анджелина Джоли, Дензел Вашингтон және Мэтт Дэймон рөлдері үшін 20 миллион долларға дейінгі қаражат алған.

Одан кейін «Геркулес» фильмдегі рөлі үшін 15 миллион доллар алған Дуэйн Джонсон тұр.

Түсірілім үшін 10-нан 15 миллион долларға дейін алған актерлер санатына Марк Уолберг пен Дженнифер Лоуренс енді.

Тізімді 8,4 миллион доллар көрсеткішімен Сет Роген аяқтады.

Мамандар шикі сүт ішуге тыйым салды



Шикі сүт ішетін адамдар пастерленген сүтті тұтынушыларға қарағанда астан 100 есе көбірек ауырады.

Дәрігер жүрек айну, іштің ауруы және қызу көтерілу сияқты белгілер пайда болуы мүмкін. Тіпті бүйрек жұмысын тоқтатып, адам қаза табуы да кездеседі, деп жазады Zee News.

Ғалымдар сиырдың шикі сүті туралы 1000-нан астам мақаланы сараптады. Сарапталған шикі сүттен Salmonella, Campylobacter, Listeria және Escherichia coli O157:H0 сынды бактериялар табылғанын көрсетті. Бұл бактериялар ауруды тудыруы мүмкін.

Египетте ЖКО-дан 16 адам қаза болды




Египетте Сохаг провинциясында жексенбіде кешке шағын автобус пен жүк көлігі соқтығысып, 16 адам қаза болды, деп хабарлайды РИА Новости.

«Аль-Ахрам» порталының мәліметінше, ЖКО Сохаг провинциясынан Қызыл теңіз провинциясынан апаратын жолда болған. Қаза болғандардың барлығы шипажай аумағына жұмыс істеуге бет алған Египет азаматтары. Апаттың себептері анықталу үстінде.

Египетте жол инфрақұрылымының нашар жағдайы белгілі. Дүниежүзілік деректер сақтау ұйымының мәліметтеріне сәйкес, Египетте ЖКО-дан жылына 12 мыңға жуық адам қаза болады.

Ұлыбританияда сайлауалды науқан басталды




Ұлыбританияда сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары басталды. Елдегі басты саяси науқанның өзі ағымдағы жылдың 7 мамырына жоспарланған.

Премьер-министрдің тағына басты екі үміткер бар. Бірі – қазіргі мемлекет басшысы Дэвид Кэмерон екіншісі – лейбористік оппозициялық партиясының көшбасшысы Эд Милибэнд.

Сарапшылар болса Британияда қазіргі таңда Найджел Фарадж жетекшілік ететін Тәуелсіздік партиясының танымалдығының артып бара жатқандығын айтуда. Дегенмен атқамыш науқанда Кэмеронның жеңіске жету мүмкіндігі басымырақ, дейді олар.

Жоғары білім адамды бақытты қыла алмайды



Жақсы білім адамды жоғары жалақымен қамти алады, алайда ол ылғи да бақытты ете алмайды. Бұл зерттеу жұмыстарының нәтижесі, деп жазады The Health Site.

Варвика университеті мелисдей болжам жасады егер білім психикалық, денсаулықпен байланысты болса онда жақсы білім адамның өзін жақсы сезінуіне ықпалдасуы тиіс. Алайда іс жүзінде бұндай болмады. Ғалымдар жақсы психологиялық, жағдаймен байланысты факторларды – білім және қажеттілікті тексерді.

Білім деңгейі адамның өзін жақсы сезінуіне әсер етпеді.

Жуырда ғалымдар жақсы білім адамды психикалық мәселелерге итеруі мүмкін деп болжаған. Егер адамның білім оның жұмысына қажетті білім деңгейінен жоғары болса, онда ол күйзеліске ушырайды. 16000-нан астам адамды зерттеу нәтижесі осыны көрсетті.

Білім жақсы адам үшін мұндай жұмыс қызметсіз болғандықтан, күйзеліске әкелуі сөзсіз. Ол өзінің алған білімін, үйренгенін пайдалана алмайды, делінген Гентский университетінің есебінде.

■ЭСКЕРГЕ ШАҚЫРУ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕДІ

Елімізде бейбітшіліктің тұрақтап, тыныштықтың сақталуы үшін Қарулы Күштердің қуаттылығын арттырып, қорғанысты күшейту керек. Ол үшін көктем мен күзде әскер қатарына алынатын жасөспірімдердің арасынан ең төзімділерін, күш-қуаты кәп, ерікжігері мықты жігіттерді таңдаған жөн. Осы бағытта облыстың қорғаныс істері жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасы Президентінің биылғы 20 ақпандағы «2015 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру және орнатылған мерзімге әскери қызмет өткерген, әскери қызметтен запасқа босатылған әскери қызметшілер туралы» №1011 Жарлығына және Үкіметтің 13 наурыздағы «Қазақстан Республикасы азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу әрекесін бекіту туралы» №135 Қаулысына байланысты екі күндік ұйымдастыру-әдістемелік жиынын өткізуде.

«Жетісу»

Мадия АЛТЫНБАЙ

Нұсқаулық-әдістемелік жиында сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Мәхаббат Бигелдиев:

– Барлығымыздың жиналып отырған себебіміз, әскерге шақыру жұмыстарының ұйымдастырылуы, келісім-шарт бойынша өткізілуі, әскери қызметке шақыру пункттерінің дайындығы бойынша мәселелер, – деп екі күндік жиынның мақсаттарына тоқталып өтті. – Бүгінгі күні әскерге шақыру шарасында үлкен науқан Себебі алдағы мыңда үлкен-үлкен мерекелер мен Президент сайлауы секілді сындарлы күндер тұр. Одан бөлек дүниежүзінде болып жатқан геосаяси оқиғалар тәуекел, жарылыс мемлекеттерде болып жатқан жағдайлар бізді әскери қызметке шақыру жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарауға міндеттейді. Сондықтан бұл – елге қызмет етуге қиын мәселелерді болса облыс таратылған комек беріледі. Одан бөлек, былтырғы әскерге шақыру жұмысынан кемшілік жіберген Кербұлақ, Панфилов, Райымбек аудандары, Қапшағай қаласы атап өтті. «Сын тұлғамен» мен тұлғалайды» деміз. Сол айтқандай әскерге шақыру іс-тәжірибеден аудандар мен қалалардың жауапты мамандарының сыртқұжаттарын республика әскерлеріне жіберілер алу тоқтап қалмайды. Яғни әрбір аудан өздеріне берілген тапсырманы толық орындауы тиіс.

Алдағы жиында Үлттық қауіпсіздік комитетінің облыстық департаментінің, облыстық денсаулық сақтау басқармасының, облыстық ішкі істері жөніндегі басқармасының жолдары сөз алып, әскерге шақыру сапасына қатысты бүгінгі өзекті мәселелерін талқыланады.

■МЕДИАЦИЯ

ӘМБЕБАП ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰРАЛ

Медиация – өзара талқылау арқылы өлеуметтік және тағы басқа да қарама-қайшылықтарды, дау-дамайлар мен түсінбестіктерді шешуге, қоғамдық келісімді нығайтуға, өркениетті азаматтық және жеке тұлғалық қарым-қатынастарды қалыптастыруға, адамның өзі мен оның бостандығына, құқығына құрметті арттыруға бағытталған ыңғайлап құқықтық құрал.

Сот талқылауы алдындағы медиацияның басты артықшылығының бірі – уақыт. Ойткені тараптар істерді қарауды шамамен қарастырылған мерзімнен бұрын аяқтайтын болған. Соған сай шулы жағдайларды өздерінде қолайлы болып табылатын кез келген уақытта ретпен алады. Сонымен бірге полиседерлердің құнын екі талайтындығы да маңызды болып саналады. Істі сотта қарау барысында көпшілік алдында жариялануын мәселелерге медиацияда жол берілмейді. Тағы бір артықшылық ретінде шығындардың барынша азғанын айта кеткен жөн. Іс жүзінде бойы қарауы мүмкін сотта тараптардың бірінің қанағаттанбағыны кезінде бөлістың апелляция және кассация барысында пошлага, көптеп және мемлекеттік салыққа жұмсалатын шығын да есепке кіріп кетеді. Ал медиация жағдайында екі тарап та медиатордың қызметіне төлем көлемдегі шығындарды ғана төлейді. Азаматтық істер бойынша соттарда медиация тәртібінде тағулаған жағдайларда бұрын төленген мемлекеттік салықты қайтару белгіленген. Ал бейбіт келісім, аралық талқылау сынды соттан тыс қатысушыны бөлістың тәртібінде сәлықты қайтару қарастырылмаған.

Қазақстан Республикасының № 401-IV «Медиация туралы» Заңының 1-бабының 1-бөлігіне сәйкес, медиацияны мына салада қолданылады: жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық, еңбектік, отбасылық және тағы басқа да құқықтық қатынастарда пайда болғанын, сондай-ақ, орташа және аса ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот өндірісі барысында қарастырылатын дау-дамайлар (жанжалдар).

Тараптардың бейбіт келісіміне, медиатинтік келісімге келуі соттың бақылауымен жүзеге асырылады. Сондықтан сот әрбір келісімнің шарты болғын бір жақтардың құқын, бостандығы мен заңды мүдделерін бұзбайтындығын, бұл әрекеттер заңға қарама-қайшылық тұлғаймайтындығын тексереді. Егер келісім заңға қайшы болса, бөлісі бір қамсыздың құқы мен бостандығына, заңды мүдделеріне қарсы келтіретін анықталса, онда медиацияға тартылған даулы реттеу жөнінде келісімді, бейбіт келісім шарттарын бекітуден бас тарту туралы үйғарым шығарып, істі қарауды жалғастырады.

Г. КАЛБЕКОВА,
Талдықорған қалалық соты сот отырысының бас маманхатшысы.

■ЖҮРЕК ҮНІ

Қазақ елінің тәрих сахнасынан ойып тұрып орын алып, Тәуелсіз ел болып енсе көтергенінде 23 жылдан өтті. Егеменді еліміздің бүгінде әлем танығы. Тәуелсіздіктің мерейлі мерекесі қазақстандықтар үшін әсем көлірлі.

Мақтанса, бүгін мақтансын қазақ...

Қазақстан үлкен айдынды бейнеленеді. Суы мол бұлақтан бастау алып, оған жолай үлкенді-кішілі өзендер қосылып, арнасы кеңейіп барып, дарияға айналады.

Қайнар бұлақтан бастау алған әзен суы толастаусыз көрек. Тарих сынды ен-жырға құмар қалықтың сезімі ұялы, ойымен мәлім береді. Дария сынды арнасын көпейте түседі. Сол үшін тарихымыздың ой-торкөзімен, болғанын жүрегімен, жаныммен, танымен қорғаған бабаларымызға мың тағзым. Алаш жұлты етежады аталарымыз бен аталарымыздың арқасында елдігін сақтап қалды. Кең-байтақ, дәулетін жау аяғына таптатпай жоқ. Үрпағы үшін жаным демаған батырларымыз бізге үлан-ғайыр кеңсін сыйға тартты. Бүгінгі самағаттерлеріміз бен оқымыстыларымыз сол әманеттің анпай ұстап, Ком туралы ойларға тарқытты. Заманға қашыне ілесіп, өркениетке қадам басты. Тәуелсіз ел ретінде өзін дүниежүзіне танытты. Азаттықты аңсаған ердың түпкі мақсаты – қазіргі дәуірмызды гүлдендіріп, ел игілігіне пайдалану. Ұрпақтан ұрпаққа аманеттан отыдық. Егеменділік бағасын асырып, теңізге бек ұстап, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты ұлықтап, дәрежеңді түсірмеу. Тәуелсіздік – қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ, әрмекдары мен қайсар рухының жемісі. Егеменді елдегі дербес мемлекет ретінде әлемге танылдық. Дүниежүзі Қазақстан Республикасы деген асқақ рухты елдің бар екенін мойындады. Осының бәрі Елбасымыз Н.Назарбаевтың ерен еңбегі, салмақты басқарушының арқасы. «Мақтанса бүгін мақтансын қазақ, табиғи кәнже тиімі тұр әзек» деген өлеңді қазір айтсақ болады. Бақытымыз баянды болу үшін дозаймыздың жүрегі ел деп соғуы тиіс. Рухы биік ұлықты тәрбиелеуге күш салайық, әлайын.

Шынар САБЫРБАЕВА,
Егінсу орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Ақсу ауданы.

■ЖАҢАЛЫҚ

ДЕЛЕГАТТАР САЙЛАНДЫ

Жақында «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының кезекten тыс VI конференциясы өтті. Мақсат – «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанатының кезекten тыс III съезіне баратын делегаттар тізімін бекіту. Сондай-ақ, жастар қанатының 2020 жылға дейінгі бағдарламасының жобасын талқылау. Жиынға «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Серік Мұқанов қатысты.

Баяндамашы «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының атқарушы қатышысы Айдын Нұрмұхамбетов тарихи дамудың 15 жылында жеткен жетістікке тоқталды. Алғашында ерікті лер қозғалысынан басталған жастар бірлестігі бүгінде алдына айқын бағыт-бағдар қойған айтары бар ұйымға айналды.

– Елбасы партияның негізін қалаушы. Біз оның идеясын таратушымыз. Өз күш-қуатымыз бен білімімізді «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асыруға жұмсаймыз. «Нұрлы Жол» экономикалық саясатын өз арман-мақсатымызды жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктері деп білеміз, – деді баяндамашы.

Жастар кешбасшысы алда атқаратын шаруаларға, оның ішінде тарихи және мәдени мұраны терең және жүйелі зерделеу, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын ұстану, шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау, дуальді білім беру, жаңа теориялық-методологиялық ұстанымдарға негізделген ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуды назарда ұстау жайына ерекше тоқталды. Үш тілді меңгеруге жағдай жасау да басты назарда болмақ.

Кезекті кезекten «Жас Отан» жастар қанатының кезекten тыс III съезіне баратын делегаттар сөз алды. Еңбекшіқазақ аудандық филиалының атқарушы қатышысы Айбек Ілібаев, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті заң факультеті деканының орынбасары Дамир Дигай өз болашағы, ондағы жастардың орны жайлы тебірене сөз қозғады.

Конференция барысында елімездің өркендеуіне өзіндік үлес қосып жүрген жастар партиясың Алғыс хаттарымен марапатталды. Жиынды «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Серік Мұқанов қорытындылап, съезге қатысушыларға ақ жол тіледі.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

Тәуелсіз Қазақстанда этносаралық және конфессиялараралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасқанын бүгінде дүниежүзі мойындап отыр. Осы бір бага жетпес жетістікте Қазақстан халқы Ассамблеясының үлесі ерекше.

ОРТАҚ МҰДДЕ ЖОЛЫНДА

«Жетісу»

Қажет АНДАС

Биылғы жыл Ассамблея жылы деп жарияланды. Ягни жыл бойы өтетін түрлі шаралар осыған сай ұйымдастырылып, шеңберінде түседі деген сөз. Сол игіліктің бір үзігіндей. Достық үйінде өткен басқосудан білп қайттық. Онда өңдемдегі этномәдени орталықтар мен қала мектептерінің өкілдері меморандумға қол қойып, бірлесіп атқаратын жұмыстарының бағытын белгіледі.

Шара аясында Достық үйінің директоры Жанат Ибрагимов осы шеңберіндегі ұлттаралық келісім мен бірлене-бірлікті бастауы болып келе жатқанын нақтылы мысалдармен түсіндіріп берді. Сондай-ақ этномәдени орталықтар мен түрлі үйірмелер бүгінгі жеткен жетістігі, мүмкіндігі, алдағы доқалайтын жүгі сондай-ақ, олардың қала мектептерінідегі түрлі мерекелік шараның сәтті өтуіне жасаған көмегі туралы да баяндады. Осыдан кейін этномәдени орталықтардың жұмысын шыжатуға белсене атсалысқан мектеп директорлары мен мұғалімдер марапатталды.

Сонында мәдесуге қатысқан этномәдени орталықтардың жетекшілері алдағы жұмыс жоспарын таныстырып, ел ерекшелігіне қосар үлестерін жеткізді.



Талдыбұлақ ауылында тұратын Әмірхан Молдабаев –жастайынан тағдырдың ауыртпалығын арқалап, қиындықтың қамытын мойымай көтерген жандардың бірі. Қазақ даласына қара бұлт үйірген ашаршылықтың құрсауында қалып, аштықтан көз жұмған анасы мен үш бірдей бауырынан айырылуы бала жүрегіне ерімес мұз боп байланғандай, әлі күнге ойына алса жон арқасы тоңазып сала береді.



Тағдыр сынынан сүрінбеген

«Жетісу»
Үлбосын ИСАБЕК

Бас ие болар әкесі діндар болғаны үшін істі болып, абақтыға жабылады. «Өлмегенге өлі балық жолығады» демекші, бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпастан қара жұмысқа жегіліп, таңның атысы, кештің батысына дейін еңбекті емін, ауыртпалық атаулыға пісіп өскен Әмірхан Баянбайұлы оныншы сыныпты тәмамдаған соң, Өскемен қаласында механизаторлық білім алып, техниканың тілін игеруге күш салады. Еңбекке деген ептілігі мен тиянақтылығының арқасында сұрапыл соғыс жылдары, яғни, 1942 жылы Сталинград түбіндегі майдан даласына оқ-дәрі дайындау жұмысына қатысып, тылда ерен еңбек етеді.

– *Соғыстың бел ортасында жүрмегенімізбен күн-түн демей төбемізден ракета ұшып, маңайда снарядтар жарылып жататын. Сұрапыл соғыстың адамзат баласына әкелген шығыны мен бақытсыздығын ендігі жерде ұрпағымыз көрмесе екен деп тілейміз,* – деген Әмірхан ата тылдағы еңбектен Отанына 1944 жылы аман оралған. Елге келісімен колхоз, совхоз құру жұмыстарына бел шешпей араласып, өмірлік серігі болған Бағдат Рүстемқызымен отау құрып, 7 баланы дүниеге әкеп, бағып-қағып, өсіреді. Қазіргі күні олардан немере, шөбере сүйіп, балаларының қамқорлығына бөленуде.

Тоқсанның төріне озса да денсаулығы жақсы, еңгімешіл қарияның сөз арасында әдемі әзілге кезек бере отыруы болмыс-бітімінің ширақ, ойының сергек болып, әдемі қартаюына негіз болғанын сездірмей қоймайды. Ауыл арасындағы еңбекті ұйымдастыру ісінен шет қалып көрмеген еңбекқор жан зейнетке шыққаннан соң да қол қусырып қарап отырмастан, қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылғанын ауылдастары айтып отырады. Бала жастан санасына сіңген ашаршылық пен сұрапыл соғыстың қиындығын көріп, жадыға тоқыған қария өкпені қысқан нарықтың тұсындағы қиын-қыстауда елді сабырға шақырып, төзуге үндесе, бүгінде баршылық пен тоқшылыққа тәубе келтіріп, үнемшіл болуды үйретуден әсте жалықпауда. «Судың да сұрауы бар» демекші, қызылды-жасылды бұл жалғанда ашкөзденбей, қанағатшыл болудың өзі бір бақыт екендігін өмірінің өзегі етіп келе жатқан тыл ардагерінің бұл ұстанымы өскелең ұрпаққа өшпес өнеге.

Асқаралы Алатаудың ақбас шыңындай биік тұлғалы ақсақалдың кеудесіндегі «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісіне қосқан үлесі үшін», «Ұлы Жеңістің 50, 60» жылдарына арналған мерейтойлық медальдары өткен жылы «Талғар ауданының Құрметті азаматы» төсбелгісімен толығып, қарт көңілін қуантқан. Тізбелей берсек, ерен еңбектен алған Алғыс хат, Құрмет грамоталары да жетіп-артылады. Олардың әрбірінің астарында Әмірхан атаның еселі еңбегі мен өнегелі өмірінің шежірелі тарихы жатқандай.

Талғар ауданы.

■ КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ



Аспаз болу – бір өнер

Кәдімгі ботқадан тіл үйіретін жеңсік ас дайындай білетін Георга Мэйдинга Германиядан арнайы шақыртумен келіпті. Аспаз бір аптадан бері Талдықорған қаласындағы дәмхана мен мейрамхана, тез тамақтанатын орындардың менеджерлері мен аспаздарына ас әзірлеудегі бар білгенін үйретіп жүр. Бұған дейін Болгария, Камбоджа, Румыния, тағы басқа да шет мемлекеттерде өз қолтаңбасын қалдырып үлгерген Георганың бұл істе тәжірибесі мол.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Облыстық кәсіпкерлер палатасының мүрындық болуымен қолға алынған іс-шараға қызығушылық таныткандардың қатары көп. Ұйымдастырушылардың айтуынша, туризм саласы күн сайын өркендеп келеді. Сондықтан, аспаздардың еуропалық үлгімен тағам әзірлей білуінің еш артықтығы болмайды. Өлкемізге сапарлай келген шетелдік қонақтардың арасында жерлік астан гөрі өз елінің тағамдарын сұрайтындар көп екен. Аталған шара дәл осыған байланысты ұйымдастырылды.

Осы мақсатта Талдықорғандағы сервис және технология колледжінде өткен шеберлік сыныбына қаладағы «Фортуна» дәмханасы мен «Алатау», «Атамекен», «Нұр» мейрамханалары, «Три Медведь», «Меруерт» сияқты кешендердің аспаздары қатысып, Еуропалық үлгіде, соның ішінде неміс халқының ұлттық тағамдарын дайындаудың әдіс-тәсілін үйренді. Қатысушыларды қарапайымдылығымен үйіріп алған Георга жұмыс арасында 30 жылдық аспаздық өмірінде жиып-терген тәжірибесімен бөлісті.

– *Жалпы, еркектер дәмді тамақты ұнатады. Олардың тәбетін ашатын, көңілінен шығатын тағам әзірлеу оңай шаруа емес. Сол себепті училищеде алған білімімді ас бөлмесінде пайдаландым. Тамақ пісірген кезде басқа шаруаны ұмытып, өз ісіме шынайы берілемін. Сонда ғана шын ниетіңмен дайындаған асың дәмді болып, ел ризашылығына бөленеді екенсің,* – дейді тәжірибелі аспаз.

Ас – адамның арқауы десек те, дұрыс тамақтанудың адам денсаулығына айтарлықтай пайдасы болады. Шеберлік сыныбында Георга дұрыс тамақтанудың сан түрлі жолын айтып берді.

■ ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ

ӘРКІМ ӨЗ АУЛАСЫН ГҮЛ ЖАЙНАТСА

Талдықорғанда көктемгі санитарлық-тазалық айлығы аясында "Таза қала" акциясы ұйымдастырылды. Қалалық коммуналдық мекемелер ағаштарды әктеп, көшелерді құрайлардан тазарту жұмысына білек сыбана кірісті. Қалаға кіреберіс жолдарды бойлай өскен ағаштарды қалпына келтірген мекемелер енді кезекте шаһардың ішкі көшелерін абаттандыруда.

Жұмыстың басым бөлігін іске асыру "Көркем Талдықорған" МҚК-на жүктелген. Аталған мекеме жұмысшылары таң аттыққаннан күн батқанға дейін бел жазбай еңбек етуде. Мекеме басшысы Владимир Қауысбековтың сөзіне сүйенсек, бүгінде 60-қа жуық техника мен 100-ден астам жұмысшы күші ағаштардың түбін ағартып, қураған бұтақтарды аралауға атсалысуда. Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына қарсы Талдықорған құлпырып, жайнай түспек. Ауа райы қолайлы болса оншақты күнде гүл отырғызылмақшы.

Ортақ іске жеке сектор тұрғындары да атсалысса жұмыс өнімді болар еді. Қаланың таза болмағы әр үйдің ауласының үйлесімділігі мен ұқыптылығына да байланысты. Олар да өздеріне қарасты аумақты таза ұстап, қол жетер жерді гүл-жайнатып қойса игі. Бұл орайда жеке тұрғын үй массивтеріне рейд жүргізіліп, көшелердің тазалығы тексерілмекші. Ереже барлық тұрғынға ортақ. Талапты елемегендерге әкімшілік шара қолданылады.

Галымұрат ЖҮКЕЛ,
Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз хатшысы.

Мерейлі ОТБАСЫ
ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

Назар аударыңыз

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы өткізіледі. Конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті 2015 жылғы «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсын жариялайды. Ол 3 кезеңде өтеді: бірінші кезең – аудандық (қалалық); екінші кезең – облыстық; үшінші кезең – республикалық. Конкурсқа қатысуға өтінімдер тиісті құжаттар қоса тіркелген арнайы нысан бойынша аудандық (қалалық) әкімдіктерге 2015 жылғы сәуірдің 1-нен 30-на дейін беріледі. Толық ақпаратты www.kaztube.kz сайтынан алуға болады.

■ ӨНЕГЕ

Адамның жасаған жақсылығы жадыңда ұмытылмастай сақталып қалады. Менің өмірімде сондай із қалдырған жанның бірі – Білім беру ісінің үздігі Төкен Омаров. Қашанда адамдарға қол ұшын созудан тартынбайтын асыл азаматтың игі ісі бүгінгі жастарға үлгі-өнеге боларлық.

Жақсылығы жадымда

Төкеннің әкесі Омар ұжымшарда дүкен ұстаған, есепке жүйрік, қоғамдық жұмысқа белсенді араласқан, адамгершілігі мол азамат еді. Шешесі үй шаруашылығында болды. Ұжымшарда еңбек ететін азаматтардың көпшілігі балықшылар. Олар әр айдың соңында демалысқа 4-5 күнге келетін, сол кезде есеп бөлімінде ақша болмай қалатын жағдай болады. Соған қарамастан керекті азық-түлік, заттарын қарызға жазып беріп жатқанына сан мәрте куә болдым. Ол кезде біз мектепте оқимыз, керекті дәптер, қаламсап, сия-сауытты «ата-аналарың төлейді ғой» деп жазып беретін. Біз бұдан Омар әкеміздің басқаларға деген сенімін, қамқорлығын, мейірімін сезінетін едік.

«Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, әкесінің үлгі-өнегесін көріп өскен Төкен де адамгершілігі мол азамат болып ержетті. Ол 1958 жылы Көпбірлік орта мектебін үздік бітірді. Десе де, мұғалімдер арасында қарама-қайшылық болып, тиісті медалін алмай қалған. Бірақ оған мойымады. Өз білімін дәлелдеп, Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түсті. Оны математика-сыз мамандығы бойынша бітіріп шығып, Саяқ орта мектебіне мұғалім болып орналасты. Аз уақыттың ішінде өзінің білімі, берілген тапсырманы ыждағатты орындауымен көзге түседі. Көп ұзамай Балқаш орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, директордың орынбасары қызметіне көтерілді. Одан кейін осы мектепке директор болып сайланды. Бірінші совхозындағы мектепке де басшылық етті. 1980 жылдан жаңа ашылған Байшегір ауылындағы орта мектепте ұзақ жыл директор және математика пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарды. Зайыбы Күлаш та ұстаз. Төкен қай мектепке ауысса, бірге барып, физика пәнінен сабақ берді. Сөйте жүріп, өмірге жеті бала әкелип, тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы жоғары білімді маман иелері.

Төкеннің Назым Омарова есімді қарындасы бар. Ол КАЗПИ-дің география факультетін оқып бітірген. 1967 жылдан бастап Балқаш орта мектебінде сабақ берді. Одан «Жақсы оқыған оқушың бар ма?» – деп сұрағанда, «Әмірге Әрін» деп жауап беретін. Бала кезінен ұстаздар мен сыныптастарын алғырлығы, білімділігімен тамсандыратын Әмірге Әрінұлы бүгінде облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы. Бұдан бұрын облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың басшысы болып, мемлекеттік тілдің өркен жаюына өз тарапынан үлес қосты.

Рахым АХМУРОВ,
«Ыбырай Алтынсарин» медалінің иегері, еңбек ардагері.

■ МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қоғамның жегіқұрты

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларын таныстыру жұмыстары іске асырылуда.

Атап айтсақ, биылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Б.Ә.Исақов Еңбекшіқазақ ауданының активімен кездесу өткізіп, аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалында азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдады. Сондай-ақ, аудандық халыққа қызмет көрсету орталығында мемлекеттік қызметтерді көрсету бағытындағы жұмыстармен танысты.

Жалпы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша қадамдық жоспары негізінде өзекті тақырыптар қамтылып, кездесулер, семинар-тренингтер, ақпараттық жұмыстар ұйымдастырылуда. Сонымен қатар, Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары тарапынан мақсатты түрде мектеп, колледж оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында семинар-дәрістер ұйымдастырып, қоғамдық көліктерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы жадынамалар таратылып, бейнероликтер көрсетіліп келеді.

Жандос СУПАБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және жұртшылықпен өзара әрекет ету бөлімінің консультанты.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

▲ТАРИХИ ТУЫНДЫ



Қара қылды қақ жарған Қунанбай

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАП «ҚАЗАҚФИЛЬМ» КИНОСТУДИЯСЫ ТҮСІРГЕН, РЕЖИССЕР, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ДОСХАН ЖОЛЖАҚСЫНОВТЫҢ «ҚҰНАНБАЙ» ФИЛЬМІ І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ САРАЙЫНДА КӨПШІЛІКТІҢ НАЗАРЫНА ҰСЫНЫЛДЫ. ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚ КӨРЕРМЕНМЕН БІРГЕ БҰЛ ФИЛЬМДІ ОБЛЫС ӘКІМІ **АМАНДЫҚ БАТАЛОВ** ТА ТАМАШАЛАДЫ.

«Жетісу»
Еврлік САҒЫНДЫҚОВА

Осыған дейін де қазақтың шоқтығы биік тарихи туындыларының басты рөлдерін ойнап келген Досхан Жолжақсынов осы жолы Құнанбай рөлін де өте жоғары деңгейде сомдады. Ол Құнанбайды Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында жазылғандай түсі суық, өзбыр бейнесінде емес, оны мүлдем басқа қырынан көрсетті.

Бұрынғы Семей облысы, Ақшоқы қыстауында 1804 жылы дүниеге келген Құнанбай Оскенбайұлы бала күнінен қара күштің иесі, палуан атанған. Найзагерлік батырлығы да болған. Қатал әрі ақиқатты турасынан айтатын, әділ баға беретін би, ел болашағын ойлайтын ағa сұлтан атанған түста көптеген игі іске мұрындық болады. Ел тыныштығын, ауызбірлігін сақтауды мақсат тұтқан Құнанбайды күллі Тобықты және өзге де рулар ерекше сыйлаған. Ресейдің бодан ету мақсатында жүргізген арнайы экспедициясы құрамында болған поляктың саяси қайраткері А. Янушкевич: «Құнанбай өңірге аты жайылған адам. Қазақтың қарапайым баласы. Тәжайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі, іскер, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларын бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, бай да, кедей де келеді. Сол арқылы ол Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған. Әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған», – деп өзінің сапарнамалық күнделігінде Құнанбайдың қайраткерлік тұлғасын сипаттайды. Міне, тарихи тұлғаның осы болмыс-бейнесі фильмде анық көрсетіледі.

Кино Құнанбайдың билік тізгінін қолына ұстаған тұстан бастау алады. Сол заманда «Заң баршаға ортақ» немесе «Төртіпке бағынған құл болмайды», – деген сөзді қалқан етіп, қатаң сақтаған Құнанбай ел көзінше Қодар мен Қамқаны түйеге бастыртып өлтіртеді. Сол арқылы дүйім жұртты тәртіпке шақырады. Болыс пен халық, ана мен бала, әке мен бала арасындағы сыйластықты, қазақы әдеп-ғұрыпты сөйлете отырып, барлық жон-жоралғыны да туындының ауқымына кеңінен сыйдырған. Құнанбай бейнесі кеңестік идеологияның ықпалына сай бұрмаланғанымен, адамгершілігі, ел алдындағы азаматтығы, Отанға деген махаббаты оның әрбір қимылынан байқалады.

Құнанбаймен кәрсылас, айтыс-тартысқа түскен адамдарды да аз болмаған. Талай рет үстінен жазбаша шағым-арыз түсіріп, тергеуге алынған. Ол дұшпандарын қатал жазалап, ретті келгенде жер аударып та жіберген. Күш жұмсап, елін шауып алған. Кинода Божей Ералыұлының 250 жылқысын тартып алғалы үшін және тағы да айыптар тағылып, қылмыстық іс қозғалып, 156-баппен жауапқа тартылғаны жайында көрсетіледі. Темір торда отырып, елі мен жерінің болашағына алаңдаған Құнанбайдың көрген қиыншылықтарын шегіне жеткізіп сомдаған Досхан Жолжақсыновтың актерлік шеберлігіне қайран қалған көрермендді фильм одан сайын қызықтыра түсті. Көрсетілім соңы абақтыдан шыққан Құнанбайдың еліне оралып, ел дамуының жолында қызмет етіп, үлкен мешіт салуымен аяқталады.

Туындының соңында көпшілік алдына шығып сөз алған Досхан Жолжақсынов кино өнерін жоғары бағалаған көрерменге алғысын айтты. Шығыс Қазақстанда нөбөрі 1 ай 18 күнде түсірілген туындыға республиканың 56 театрының белді актерлері шақыртылған. Солардың қатарында Б.Римова атындағы облыстық театрдың актерлері Өмірсерік Қалиев, Кендебай Темірбайұлы, Сағындық Жұмаділов, Серік Нұрхалық сынды саңлақ актерлердің де еңбегі бар. «Құнанбай» фильмінде өздеріне арнайы берілген рөлдерді жақсы сомдаған жетісулық өнер жұлдыздарына жерлестері тік тұрып, қол соқты. Қазақы дәстүр ретінде режиссердің шығына шапан жауып, облыс басшысы Амандық Ғаббасұлы туындыны өте жоғары бағалап, ізгі тілегін жеткізді.

ЕЛБАСЫ АЛҒЫСЫН АЛДЫ

Нұр Отан

Осыдан тура бір ай бұрын қазақстандықтар тарихи таңдау жасады. Халық өз тағдырын Нұрсұлтан Назарбаевтың қолына селкеусіз сеніммен тапсырды. Күллі әлемнің назарын аударған Президент сайлауында асқан белсенділік танытып, дауыс беруге жаппай қатысқан Жетісу жұртшылығының ішінде жамбылдықтар да бар.

«Жетісу»
Серік САТЫБАЛДИЕВ

Сенбі күні аудандық Мәдениет үйінде өткен салтанатты жиында он азамат Елбасының арнайы «Алғыс хатын» алды. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Жандарбек Далабаев ел өміріндегі жауапты саяси науқанға белсене атсалысқандарды құттықтап, Мемлекет басшысының атынан келген марапатты тапсырды.

Шараға жиналғандар Оңтүстік өңірі әскери құрамалары әскери оркестрлерінің өнерін тамашалады. Ұзынағаш ауылында орналасқан ҚР Ұлттық Ұланына қарасты Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімінің ұйымдастыруымен қойылған концертте Тараз, Шымкент қалалары мен Қаракемер, Ұзынағаш ауылындағы әскери бөлімдердің үрмелі аспаптар шеберлері әскери-патриоттық шығармалар орындады.

Жамбыл ауданы.

▲ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ

ЕЛБАСЫНЫҢ «НҰРЛЫ ЖОЛ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ» АТТЫ ХАЛЫҚҚА АРНАҒАН ЖОЛДАУЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ СӨЗ БОЛДЫ.

Жолдауда белгіленген басты бағыттар, атап айтқанда, көліктік-логистикалық, индустриялық, энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту міндеттері макро өңірлерді хабтар қағидаты бойынша қалыптастыру аясында жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ, ТКШ, су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту, тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту, әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту талаптары қойылып отыр. Бұл үшін бірінші кезекте, апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемаларын шешу қажеттігі туындайды.

Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша да жұмысты жалғастыру қажет. Елбасы Жолдауында кәсіпкерлікті назардан тыс қалдырмайды. Облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті Жолдауды іске асыру жөніндегі жұмыстарды белсене атқаруда. Көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамытудың бірінші бағыты бойынша сумен жабдықтау нысандарын қайта құру және құрылыс жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу қолға алынбақшы. Аталмыш іс-шара бойынша 2015 жылдың 5 айында 2 жоба қаралып, барлығы оң нәтиже берді.

Жолдаудың «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту» бойынша көріз жүйесі мен су құбырлары қайта құрылымдалмақ. Әрі күрделі жөндеу мен құрылыс жұмыстарының жобаларына санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізіледі. Сондай-ақ, ауылдық елді мекендердегі ауызсудың қауіпсіздігі зертханалық негізде қадағаланады.

«Су құбыры» кәсіпорнының материалдық-техникалық базасын дамыту және жабдықтау үшін жергілікті бюджеттен 800 млн. теңгеге 230 арнайы техника сатып алынды. Пилоттық (ізашар) негізде барлық аудандардың ауылдық округтері базасында 46 тірек учаскелері құрылды. 2015 жылдың 5 айында 68 жоба қаралған еді. Бүгінде барлығы оң нәтиже берді.

Ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылы 98 елді мекенге құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ, 169 елді мекенді орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі қамтамасыз етілді. Соңғы үш жылда апаттық ғимараттарда орналасқан мектептердің саны 19-дан 6-ға азайды. Облысымызда 59 мектеп бойынша бес жылдық жоспар құрылып, республикалық және жергілікті бюджеттен жаңа оқу ғимаратының салынуына қаражат бөлінген.

Жоғарыда аталған жоспарлар жүзеге асырылса, жұмыссыздық деңгейі де төмендері сөзсіз. Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында қойылған маңызды міндеттерді шешу үшін біз бар күш-жігерімізді, іс-тәжірибемізді, білімімізді салуға дайынбыз.

Е. СЫДЫМАНОВ,
облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы.

▲АҚ ЖОЛ

Алтын ұядан қанат қақты



Адам өміріндегі ең жауапты да, жүрек тебірентер шақтың бірі – мектептен қоштасып, үлкен өмірге қадам басар түс. Биыл да Қарасай ауданына қарасты 45 орта мектептің 1459 түлегі алтын ұядағы соңғы қоңырауын тыңдап, 11 жыл бойы өз үйлеріне айналған күтті шаңырақпен қоштасудың тебіреніске толы сәттерін бастарынан өткізді.

Бұл күні Еңбекші ауылының үлкен-кішісі күн ұясынан көтеріле осындағы мектепке қарай аңдады. Таңнан бастап білім ордасынан әуелеген әсем саз еріксіз жетелейтіндей. Салтанатты сәтті тебірене күткен оқушылармен бірге ұстаздар мен ата-аналар да жайдары қалыпқа енген. Мұнда бар-жоғы 16 түлек үлкен өмірге қанат қағатын болғанымен, шағын елді мекенде әр үйдің қуанышы баршаның мерекесіне айналғалы қашан. Сондықтан «Сыңғырла, соңғы қоңырау» салтанатына келген жұртшылықтың қарасы мол болып шықты.

Мектеп алаңында сап құрған оқушылар алдында дәстүр бойынша Мемлекеттік Ту шығарылып, құтты тұғырына қондырылғаннан кейін, жас түлектер жұрт алдында жүріп өтті. Жиында түрлі олимпиада мен кіші ғылым академиясының, «Дарын» байқауының жеңімпаздары салтанатты шеру жасады. Оларды алғашқы болып аудан әкімі Амангелді Дәуренбаев құттықтап, ақжарма тілегін арнаса, ауыл қариясы, Ұлы Отан соғысының ардагері Шайкен Ыдырысов аталық сөзін айтып, ақ батасын берді.

Ұстаздар атынан сөз алған Баянсұлу Құлмағанбетова мен түлектердің сынып жетекшісі Әшкей Баланова барша қауымды соңғы қоңырау салтанатымен құттықтап, кешегі шәкірт, бүгін ұшуға қанаттарын қомдаған қыранларға сәт-сапар тіледі. Қадірменді ана Патшагүл Жанысбаева мен Анар Қарабалаева ата-ананың ақ тілегін айтып, ұстаздарға жұртшылықтың алғысын білдірді.

Қ. ӘБІЛҰЛЫ.
Қарасай ауданы.

● *Білімдінің сөзі – ем, мейірімі көп, өзі кең!*

***

● *Білім басы – бейнет, соңы – зейнет.*

Қош бол, мектеп

ЖАМБЫЛ ауданында 1139 оқушы мектеп бітірді. Оның 760-ы ҰБТ-ға қатыспақ.

Үздік оқыған 36 оқушы «Алтын белгіге» үміткер. Он бес бала халықаралық пән олимпиадаларына қатысып, түрлі деңгейде жүлделі орындардың жеңімпазы атанды.

Аудан әкімі Жандарбек Далабаев Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепте өткен соңғы қоңырауға қатысып, мектеп бітірушілерді құттықтады. Бұл оқу орнын биыл 55 бала аяқтап, үлкен өмірге қанат қағып барады. Аудан басшысының түлектерге арнаған арнайы құттықтау тілегі ауандағы барлық мектеп бітірушілерге салтанатты жағдайда тапсырылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Талғар қаласындағы №1 И. Халипов атындағы орта мектепте өткен соңғы қоңырау салтанатына облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев қатысты. Аталған мектепті биылғы жылы 30 түлек тамамдап, үлкен өмірге қанат қақпақ.

Жастарға ақ тілек

Жүректерді дүрлі қақтырған шараның ашылуында сөз алған аудан әкімі Райхан Садықова былтырғы жылы күрделі жөндеуден өткен білім шаңырағының тарихында талай бала терең білім алып, ел дамуына сүбелі үлес қосып жүргендігін мақтаныш сезіммен жеткізе келе, биылғы түлектердің де ҰБТ-ны табысты аяқтап, армандұраттарына жетулеріне тілектестігін білдірді.

– Елімздің жарқын болашағы, кемел келешегінің дамуына білімділігімен үлес қосар жастарға жүктелер жауапкершіліктің маңызы зор. Сол себепті, сіздердің алған білімдеріңіздің ел экономикасы мен әлеуметтік өсіп-өркендеуіне жұмсалатындығына сеніміміз мол, – деген Серік Мелсұлы мектеп бітіруші түлектердің алдағы сынақтарына сәттілік пен табыс тіледі.

Сондай-ақ, 11-сынып оқушысы, «Алтын белгіге» үміткер Индира Садвакасова ұстаздар мен ата-аналар үмітін ақтап, биік белестен көрінуге бар күш-жігерлерін салатындықтарын жеткізді.

Ү. БОРІБАЙҚЫЗЫ.
Талғар ауданы.

Жыландыдағы жылы леп

Мың есті-ғеннен, бір көрген артық. Жерлестерімізі жиі айтатын Жыланды ауылындағы тың тірлікті көру ойда жүрген арман еді. Міне, көрдік. Ең бастысы, мектепті бітіретін түлектердің есінде мәңгілік қалатын соңғы қоңырау күнінде осы ауылдың қонағы болып, шаттыққа толы жүздер мен көңілді шақтың күзгі болғанымыз. Аудан әкімі Әлібек Жақанбаев пен Жыланды орта мектеп-лицейінің қамқоршылық кеңесінің төрағасы, «Жер-Су» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Бауыржан Оспанов та осы жерден табылып, көпшіліктің мерейін өсірді.

Білім шаңырағында 43 ұстаз болса, соның ішінде бір ғылым докторы, бір ағa оқытушы, 4 ғылым магистрі оқушылардың біліктілігін арттыру жолында тер төгуде. Осындай білікті ұстаздардың тәрбиесін көрген шәкірттердің болашаққа деген сенімі көздерінен білініп тұр.

Мерейлі күнге осы мектепті 30, 25, 20 жыл бұрын бітірген түлектер де келіпті. Олар өздеріне білім берген ұстаздарына алғыс білдіріп, сый-сияпат ұсынса, жас өркендерге болашақ білім алудың, білікті болудың маңыздылығы жайлы ойларын ортаға салды. Осы ретте, сахнаға көтерілген Бауыржан Оспанов жоғары оқу орнындағы пауазымды орындарын қиып, үрпақтардың болашағына жол ашлақ ниетпен шалғай ауылға келген ұстаздарға деген жұрттың ықыласын жеткізе келіп, шәкірттерін түрлі байгеге дайындап, жетістікке жеткен бір топ ұстазға Оспановтар отбасы атынан сый-сияпат ұсынды. Сол қатарда математика ғылымдарының докторы, лицейдің математика пәнінің мұғалімі Марат Шәкеновке жеңіл көлік кілтін, математика пәнінің мұғалімі Бибігүл Будырбаевaға 300 мың, орыс тіл пәнінің мұғалімі Роза Ағынтаева мен қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ғалия Жанахметовaға 150 мың теңге көлемінде ақшалай сыйақы табыстады. Ал бір жыл бойы білім шаңырағының ыстығына күйіп, суығына тоңып жүріп, еңбек еткен мектеп директоры Мерейхан Жұмағалиевқа 500 мың теңге табыс етті.

Қ. ШАҚЛИН.
Алакөл ауданы.

Ауданымыздың № 13 орта мектебінде соңғы қоңырау салтанаты өтті. Мектеп түлектері он бір жыл бойы білім алған құтты шаңырақты қимай қоштасты. Осынау іс-шараға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ғалиасқар Сарыбаев, аудан әкімі Қайрат Бисембаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Асхат Бейісбаев, Үштөбе қаласының әкімі Қанабек Есботанов қатысты.

Кеудені тербеп қоңыр ән

Салтанатты шара мектеп бітірушілердің сынып жетекшілері Сәуле Байтуарова мен Гүлнар Жаңабаеваны ортаға шығарып, құрмет көрсетуінен басталды. Жиында ҚР Мемлекеттік Туын «Жас ұлан» ұйымының басшысы Олжас Әбен мен аудандық «Қаратал аруы – 2015» байқауының жеңімпазы Шырын Рахымғазы, оқу үздігі Айнұр Сембек «Атамекен» әнінің ырғағымен желбіретіп өтті.

«Сыңғырла, соңғы қоңырау» деп аталған салтанатты жиында № 13 мектептің директоры міндетін атқарушы Асхат Исабаев сөз алып, барлық оқушыларды мектеп атты мол қазынадан гауһар тастай құнды, өмірге рухани азық болатын білім байлығын жинау үшін жаңа оқу жылына жаңа күшпен, тың талаппен келуге шақырды. Аудан әкімі Қайрат Бисембаев барша түлектерді оқу жылын сәтті аяқтауларымен құттықтап, алдағы Ұлттық бірыңғай тестілеуде жақсы нәтижеге қол жеткізулеріне тілектес екенін білдірді.

Биыл аудан бойынша 21 жалпы білім беретін мектепті 355 оқушы бітірді. Соның ішінде 249 оқушы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады. «Алтын белгіге» 9, «Ерекше үлгідегі аттестатқа» 2 үміткер бар. Жақсы тілектерді жалғаған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ғалиасқар Сарыбаев Елбасы Н. Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында қазақ елінің жастары «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алып, елге келген соң өз пайдасын тигізіп жатқанын әңгіме өзегіне айналдырды.

Асхат ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.

Әлем тынысы

Израильдің бұрынғы премьері 8 айға сотталды



Израиль экс-премьері Эхуд Ольмерт коррупциялық қылмысқа қатысты айыпталып, сегіз айға сотталды. Ольмерттің адвокаттары сот үкіміне шағымданатынын бірден мәлімдеді.

2006 жылы премьер-министр қызметіне отырған Ольмерт 2009 жылдың басында коррупциялық айыптауларға байланысты отставкаға кеткен. 69 жастағы Эхуд Ольмерт 2014 жылдың мамырында пара алуға байланысты тағы бір қылмыстық іс бойынша алты жылға сотталған. Қазір ол үкімге қатысты апелляциялық шағым Израиль жоғарғы сотының қарауында жатыр. Ольмерт осыған дейін өзінің кінәсіз екенін мәлімдеп келген.Ольмерт бұған дейін өзіне қатысты коррупция және алаяқтық ісі бойынша ақталып, тек 19 мың АҚШ доллары көлемінде айыппұл төлеген.

Бірақ сот тергеуі барысында істің жаңа қырлары ашылып, прокуратура оған коррупцияға қатысты жаңа айып таққан.

Иранға жаңа қауіп төнді



Иран құрлықтағы әскерінің қолбасшысы генерал Ахмад-Реза Пурдастан Ирамнен көршілес елдерде ықпалы арта бастаған экстремистік "Ислам мемлекеті" ұйымымен күреске бөлінетін қаржыны ұлғайтуға шақырды.

24 мамырда парламентте сөйлеген Пурдастан "Ислам мемлекеті" содырлары көршілес Ауғанстан мен Пәкістанға деңдеп кіре бастағанын айтып, Ираның "аймақта жаңа қауіп-қатерге" тап болғанын мәлімдеді. "Ислам мемлекеті" ұйымы өткен жылдың жазынан бері Ирактың Иранға жақын батыс және солтүстігіндегі үлкен территорияны басып алған.

Ирандық ақпарат құралдары Ахмад Реза Пурдастанға сілтеме жасап Иран қарулы күштерине "таяқтар мен әскери көліктер сатып алып, тікұшақтарын күрделі жөндеуден өткізу қажет" екенін хабарлады. Бірақ Пурдастан жаңа қауіп-қатерге байланысты Иран бюджетінің көлемі қаншаға артуы тиіс екенін айтпаған.

Сирия мен Ирактағы Иранның әскери кеңесшілері жұмыс істейді. Тегеран бұл елдер үкіметіне "Ислам мемлекетіне" қарсы күресте қаржылай және әскери қолдау көрсетеді.

Нобель сыйлығының лауреаты қаза тапты



Американдық математик, экономика саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Джон Нэш Нью-Джерсиде көлік апатынан қаза тапты.

Ол 86 жаста еді. Джон Нэш мінген такси келіп апатқа ұшыраған. Оның мен бірге көлікте болған әйелі де қаза құшты. Жергілікті NJ.com басылымының хабарлауынша, олар қауіпсіздік белдігін тағынбаған.

Айта кетейік, Нэш экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты атанған 1994 жылы алды. Оған Нэштің 1949 жылы 21 жасында жазған ойындар теориясы туралы диссертациялық жұмысы пайық деп танылды.

Құны 9 доллар тұратын компьютер



АҚШ инженерлері құны 9 доллар тұратын компьютер шығарды, бұл ретте оның жұмыс істеуге қажетті функциялар жиыны бар.

Құрылғы барынша жинақы болғанымен барлық негізгі функцияларды атқара алады. Онда мәтіндік құжаттарды жасап, редакциялауға, интернеттен ақпарат іздеуге болады, қарапайым ойындар да бар. Құрылғы 9 доллар тұрады, оны кез келген адам сатып ала алады. Калифорниялық өнертапқыштар CHIP атауын алған арзан компьютердің 1 ГГц, 512 Мб жедел жадысы, 4 гигабайт қатты дискісімен процессоры бар екендігін мәлімдеді.Инженерлер шағын құрылғы әзірлемесін 50 мың долларға бағалады, ал олар болса 23 мамырдағы жағдай бойынша 1,5 млн. доллар жинап үлгерген. Бүгінде ең қымбат компьютер құны 1 млн долларды құрайды, деп жазады РИА Новости.

"Хезболла" Сириядағы белсенділігін арттырмақ



"Хезболла" қарулы тобының жетекшісі Шейх Хасан Насралла топ жасақтары Сириядағы азаматтық соғысқа үкімет әскері жағында белсенді қатыса бастайтынын мәлімдеді.


Израиль әскерінің Ливаннан шығарылғанына бір жыл толғанына орай сөйлеген Насралла "Хезболла" экстремистік Ислам мемлекеті" ұйымымен және оның басшысы бар "Әл-Каида" ұйымымен күресетінін айтты.

"Біз өзімізді қажет еткен жерден табылмаймыз" деген Насралла "Хезболла" жасақтары қазір Сирияның "кәптеген жерінде соғысып жүргенін" және талап етілген жерде белсенділікті арттыратынын айтты. Белгісіз жерден сөйлеген "Хезболла" жетекшісінің сөзі үлкен экранда таратылды.

Иран қолдайтын "Хезболла" Сирия президенті Башар Асадтың сенімді одақтасы.

Өткен аптада Сирия үкіметі әскері бірнеше жеңіліске ұшырап, оның ішінде "Ислам мемлекеті" содырларына тарихи Пальмира қаласын алдырып қойған.

Дауыс беруі жоққа шығарылды



Евровидение-2015 байқауын ұйымдастырушылар оған қатысушы екі елдің: Черногория және Македония елі қазылаларының дауыс беру нәтижесін жоққа шығарды, деп хабарлайды BBC.

Бұл шешім дауыстарды санау барысын тәуелсіз бақылайтын PwC компаниясымен кеңескен соң барып қабылданған. «Аталған елдерде телекөрермендердің дауыс беру нәтижелері 100% деп қабылданған», делінген Europa хабар тарату одағының хабарламасында. Айта кетейік, 2009 жылдан бері байқауда көрермендермен қатар кәсіби әдіқазы мүшелері де дауыс береді. Соңғы нәтиже қазылардың 50%-ының және көрермендердің 50%-ының пікірлерін ескерумен шығарылады. Черногория және Македония елінің дауыс беру нәтижелерінің жоққа шығарылуы швед тік Мэнс Сельмерлевтің байқауда жеңімпаз атанғанына ешәсерін тигізбейді, себебі ол екінші орынды иеленген жүлдегерден 62 ұпай артық жинаған.

▲ 5 РЕФОРМА ЖӘНЕ 100 ҚАДАМ

6-қадам

ЕҢБЕКАҚЫНЫ НӘТИЖЕ БОЙЫНША ТӨЛЕУГЕ КӨШІРУ. Мемлекеттік қызметкерлер үшін – жеке жылдық жоспарларды орындау; мемлекеттік органдар үшін – стратегиялық жоспарды орындау; министрлер және әкімдер үшін – мемлекеттік қызмет сапасының арнаулы индикаторлары, өмір сапасы, инвестиция тарту; Үкімет мүшелері үшін – интегралдық макроэкономикалық индикаторлар.



Жандарбек ДАЛАБАЕВ, Жамбыл ауданының әкімі.

Елбасы бағдарламалары мемлекет дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде болашағымыздың бағыт-бағдарын айқындап, әлемнің ең үздік елдері қатарына ену мақсатын меңзейді. Бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «Ұлт жоспары – 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты іс-қимыл жоспары да елдігімізді нығайтудың өте маңызды құжаты. Бұл бағдарлама да аудан халқымен қызу талқыланып, үлкен қолдауға ие болуда. Өмір қажеттілігінен туындаған тапсырма-міндеттердің әрбір жолы ауыл-ауылдарда мұқият зерделенуде.

ҰЛТ ЖОСПАРЫ – болашақтың басты бағдары

Аудан бойынша құрылған 25 ақпараттық-насихат тобы еңбек ұжымдары мен тұрғындар арасында Ұлт жоспарының мәні мен мағынасын жете түсіндіру шараларына ден қоюда. Құжаттың кәсіби мемлекеттік аппарат құру туралы 15 қадамнан тұратын бөлігі мемлекеттік қызметтің тиімділігін одан әрі арттыруды көздеген. Мемлекеттік қызметшінің қызмет алғашқы жас шағынан игеріп, қарапайым мәненнан бастап барлық баспалдақтан өтуі, жастардың мемлекеттік қызметке қабілетіне қарай қабылданып, лауазымдық, сатыларға іскерлік қасиеттеріне, біліктілігіне орай іріктелініп, конкурстық негізде жоғарылатылуы, оларға еңбекақы қызметінің нәтижелеріне қарай төленуі, қойылатын талаптың күшейтілуі – қазіргі таңда өмір қажеттілігі болып отыр. Жамбыл ауданы ауылдық округтер саны жағынан облыстағы ең ірі аудандардың бірі ретінде саналады. Аудандағы 24 ауылдық округте 61 елді мекен бар. Жергілікті атқарушы органдарда 266 мемлекеттік қызметші болса, олардың 179-ы ауылдық округ әкімдері аппараттары құрамында қызмет атқарады.

Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін іс басындағы мемлекеттік қызметшілердің барлығы да кешенді аттестаттаудан өткізілетін болады. Ұлт жоспарында мемлекеттік қызметшілерді тұрақты түрде оқыту жүйесі заңмен қарастырылып, әр мемлекеттік қызметшінің 3 жылда бір рет біліктілігін жоғарылату курсынан өтуі қажеттігі жөнінде міндет айқындалған. Құрылымдық бөлімше басшыларының көбіреуі жауапты қызметкерлерді жұмыстың көптігін сылтау етіп күнделікті қызметтік міндеттерінен босатып, оқу курстарына жібергісі келмейтіні жасырын емес. Оқу курстарынан өту – мемлекеттік қызметшінің біліктілігін жоғарылатумен қатар өз қызметіне деген көзқарасын да жақсартады, дүниге таным-түсінігін кеңейтеді. Өткен жылы аудан бойынша өнірлік оқу орталықтарында 30, мемлекеттік басқару академиясында 2 адам оқу курсынан өтті. Мемлекеттік қызметтің жаңа этикалық кодексін жасау арқылы, жаңа ережелерді енгізу, этика мәселелері бойынша уәкілетті өкіл лауазымын енгізу, жемқорлыққа қарсы күресті күшейту – уақыт талабы.

Мемлекеттік қызметшілердің қолданыстағы этикалық кодексі өмірде болып жатқан сан түрлі жағдайды толық қамти алмайтыны сезілуде. Жемқорлыққа қарсы күрес шараларын да қамту шеңберін барынша кеңейтіп, сапасы мен іс-әрекет тиімділігін біршама жетілдіруді қажет етеді. Құжатта жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға, азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне тікелей қатысу мүмкіндігін кеңейтуге үлкен мән берілген. Ауылдық округ деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін енгізу – азаматтардың қаражатты өз қалауынша елді мекенді өркендетудің ең қажетті бағыттарына пайдалануына кеңінен жол ашады. Көршілес Ресей елінде өзін-өзі басқару жүйесі біраз уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Біздің мемлекетімізде ауылды жерлерде өзін-өзі басқарудың негізі енді-енді қалануда. Еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік даму қарқынын көтеру мақсатында басқару жүйесін орталықсыздандыру арқылы өңірлерді өркендетуге аса зор маңыз берілуде.

Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы №30-205 шешімімен бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау (сайлаушылардың 1 пайызы) тәртібі бекітілген. Қоғамдастық жиындар ауыл-аймақтың проблемалық мәселелерін талқылап, шешу жолдарын қарастырса, қоғамдастық жиналыстары мен комиссиялары жергілікті өзін-өзі басқарудың бақылаумен қаржысын тиімді пайдалануымен жұмыс істеуде. Құжаттың сот жүйесі мен құқық қорғау органдарының жұмысын жаңғырту, жаңа жоғары технологиялы экономикалық оқу мен адам капиталын дамыту, қазақстандықтардың өмір сапасын жақсарту, қоғам бірлігінің жалпықазақстандық біртектілігін нығайту, «Мәңгілік ел» құндылықтары жүйесін дамыту, «Ашық үкіметтің» жұмыс тетіктерін, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігін жетілдіру туралы жолдары да халықтың көңілінен шықты. Елбасының Ұлт жоспары аудан өміріне жаңа сипат, еңбек қарқынына соны серпін беретін рухани құжат ретінде қабылданды.

Ел өркениетінің өлшемі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің басқа мемлекеттердің көлеңкесінде қалып қоймауы үшін жұмыр жердің өр түпкіріндегі алпауыт мемлекеттердің арасында, алымды, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің өмір тәжірибесіне үңіліп, олардың жан дүниесін, адамдық болмысын, халықпен қарым-қатынасын, білім-білігін, парасатын пайымдауға көңіл аударды. Жинақтаған тәжірибесіне орай, еліміздің дамытудың, өркендетудің, болашақ бағдарын белгілеудің жолын тапты. Сол бағыт-бағдар бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, Елбасының бес халықтық реформасы ел халқын ортақ мақсатқа ұйыстырудың маңғілік темірқазығына айналды. Оны атқарудың 100 қадамы да жұрт қолдауынан шыққанын көріп отырмыз.

Несін жасырайық, осыған дейін Елбасы тапсырмаларының нәтижелі атқарылуының арқасында Қазақстан қалыптың ел-ауқаты жақсарып, экономикалық дамуы есепсіз түсті. Шекара белгіленді. Астана көшірілді. Ұлттар мен ұлыстардың бірлігін бекемдей түсетін Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Біржікті Ұлттар Ұйымына мүшелікке өтіп, көптеген халықаралық конвенцияларды бекітті.

Ал бес халықтық реформа төрт құбылысқа теңеліп, әлемнің дамыған елу елінің қатарына өткен жаңа, жарқын, өміршең Қазақстанның болашақ бағдарын көрсеткен маңызды құжат болды. Аталмыш бес бағыт пен оны атқаруға бағытталған 100 қадамды бастан-аяқ мұқият оқи отырып, жүрегіме болашаққа деген үлкен сенім шұғыласы құйылғандай болды. Өсіресе, ежелгі ұлы Жібек жолы бойындағы экономикамен, өркенметті ел мен елдің арасындағы терең ынтымақты бұдан ары дамыту жолындағы Ұлт көшбасшының ұлы идеялары бізді емес, осы жолдың бойында орналасқан өзге мемлекет тұрғындарының болашақ армандағы сенім беретін айдан анық. Бұл сенім мен сияқты өнер мен мәдениет саласында жүрген адамдарға шабыт беретіні де жоққа шығармаймын. Өйткені мәдениеті өркендемеген ел ешқашан өзгелерден еңсесі көтерілмейді.

Сөйтіп, Елбасының бес халықтық реформасында айтылған ел мәдениеті мен тарихын таразылап, алға қарай дамытудың жолдарын өріптестерімнің бұдан да зор ынта-жігерімен жұмыс істеуіне, шығармашылық ізденуге дем беретін болады.

Төлеужан ҒҰМАРОВ,
облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бөлім басшысы.

Экономикалық өсім

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен өзгеріс енгізіп отыр. Ол – бес халықтық реформа және 100 нақты қадам. Қасырдан-қасырға көшкен халықтың асыл арманы осыдан 23 жыл бұрын жүзеге асып, елімізде Тәуелсіздіктің туы желбіреді. Тарих үшін қас-қағым сәтте біз әлем алдында теңдесі жоқ жаңа белестерді бағындырдық. Ел Елбасымен бірге келешектің жоспарын құрып, мемлекет мүддесі үшін жалпақ әлемге етуге көшті. Қазіргі таңда Қазақстанның татулығы мен бірлігіне қызықпайтын ел кемде-кем.

Елбасы реформада индустрияландыру мен өртарапталдыруға негізделген экономикалық өсуге қақып баланды. Дамыған елдің қайсысына көз салсақ, та, негізгі еңбек күш, мемлекеттің даму көрсеткіш орта тапта жатыр. Сала-салаға бөлінген кәсіби мамандіктер өзіне артылған жауапкершілік негізінде еңбек етеді. Бізге де шағын және орта бизнес өкілдерінен құралған орта тапты жедел қалыптастыруымыз қажет. Осы орайда Елбасы қайта өңдеуші кәсіпорындарды қолға алып, индустрияландыруға қатысты 10 ірі жобаны жүзеге асыруды міндеттейді.

Бізді ел – еуропа өркениеті бойынша өркендеуге шақыты. Алайда ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдауда қиындықтар мүлдеседі. Бізде, аграрлы аймақтың шикізат өңдеріп қайта өңдейтін зауыттар аз. Елбасы агроөнімдерді экспорттауда кедендік тарифтерді оңтайландыру мәселесін тез шешуді тілге тиек етеді. Бір сөзбен айтқанда, бес халықтық реформа мен оған жасалған 100 нақты қадам арқылы Қазақстан өлемдегі көшбасшы мемлекеттің бірне айналары сөзсіз.

Рақымжан АМАРОВ,
Уйғыр аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас маманы.

■ ЭКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

ӨҢІР ӨРКЕНДЕУІ – ЕЛ ЕРТЕҢІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бұдан соң облыс әкімі А. Баталов Нарынқол ауылдық Мәдениет үйінің алдына келді. Мұнда кең көлемді етіліп таулы өлкеден бой көтергелі жатқан жаңа жобалы дүниелердің көрмесі қойылыпты. Бұған облыс басшысы қуанып қалды. Әрдайым жаңа игіліктердің, жаңа жұмыс орындарының көзін ашып, бастау-бұлақтарының арна салғанын бар жанымен қалайтынын айтты. Жақан Бейсеев басқаратын «Қарқара-Сода» атты ЖШС-і таулы өңірден сода және минералды ас тұзын өндіруді мақсат етіп отыр. Ол іске қосылса үш жүздей адам еңбекпен қамтылады. Қайрат Құрманғалиев бастаған «Жадейт» ЖШС-і де өңірден минералды тұз өндіруді көздеген. Бұл мақсаттары үшін Қарасаз ауылының маңынан жер қарастыруда екен. Ал, Әсел Құрманғалиева басқаратын «Брикеты» ЖШС-нің игілігі бөлек. Олар аудандағы Жаңа Текес ауылынан 3,5 гектар жерді қарастыруда. Болашақта олар халық үшін көмір қалдығынан және үнтағынан брикеттер шығарады. Жоғары қысымда тығыздалған жұдырықтай көмірлерге деген ел сұранысы болары хақ. Төлеген Бозжанов басқаратын «Каз Мясо» ЖШС-і өңірден ет бағытындағы ірі қара малын өсіруді жоспарлап отыр. Андас Жүкенов басқаратын «Марум Жар Голд» ЖШС-і алтынды өндеумен айналысады. Жабыр тауының етегінен жер алып жұмыс жасауда. Жарқұлақтан келетін дүниелер осы жерде өңдеуден өтеді. Олар облыс әкіміне шағын ыдысқа салынған алтынның түйіршіктерін көрсетті. Бұдан кейін облыс басшысы Ләззат Ботабекова басқаратын «Бүркіт» отын-энергетикалық ЖШС-не қарасты «Ойқарағай» көмір кенішінің жұмысымен, бүгінгі игіліктерімен және жеткен жетістіктерімен танысты. Бұл жайында Ләззат Қайсарқызы көңіл толтырарлық өңгімелерін жеткізді. Мұның бәрін көрген облыс әкімі шын мәнінде жаңа шаруалардың басын құрап жатқан азаматтардың ісіне ризашылығын айтты. Облыс тарапынан әрдайым қолдау көрсетілетінін білдіріп жұмыстарына табыс тіледі.

Осыдан соң жиналған көпшілік, аудан активі ауылдық Мәдениет үйінің кең залында облыс әкімі Амандық Баталовпен дидарласты. Бірауыз лебізін естуге ықылас танытты.

– Қымбатты ағайын, дәл осы Нарынқол ауылына талай келгенмін. Облыс әкімі болып тағайындалған соң алғашқы сапарымда осы ауылға арнайы келетін боламын деп едім. Соның реті бүгін келді. Аудан әкімі Жанат Тәжиевті ауданға әкім етіп тағайындаған кезде бірсыпыра тапсырмалар бергем. Бүгін іске асырылғалы жатқан шаруаларды көріп қуанып қалдым. Бұл өлкеде түрлі мақсатта жұмыс істейтін кәсіпорындар көптеп ашылуы қажет. Осындағы су құбырын көрдім. Айналысып жатқан мекеме дұрыстап, өз талабына сай сапалы, ширақ жұмыс жасамаса, 382 миллион теңгеден қағылып қалуы мүмкін. Жалпы жұмыс сапасыз орындалған. Спорт мектебінде болдым, ауруханаңың жайын көрдім. Бұл ауылда реттейтін шаруа көп. Жасайтын жұмыс жеткілікті. Бүгінгі күні облыстық құрылымдар тарапынан өңірді түлету үшін қанша жұмыс, қанша қаражат керек бәрі есептелу үстінде. Мүмкіндігінше аймақты дамытуға қажетті жағдайлардың барлығы қарастырылатын болады. Келе жатып байқағаным, Қайнар мен Текес ауылының аралығындағы республикалық маңызы бар жолдардың ойылған жерлерін қалай-болса солай жамап кеткен. Қай істе болса да түпкілікті, сапалы нәтижеге жұмыс жасау қажет. Елбасы бастаған жаңа реформаны жүзеге асыруға бар ықылас-ниетімізбен жұмыс істейік. Мен барлығыңызға жақсылық тілеймін! – деді облыс әкімі Амандық Баталов.

Райымбек ауданы.

Осыдан біраз бұрын облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат БИГЕЛДИЕВТІҢ қатысуымен өткен селекторлық кеңесте Сарқан ауданының әкімі Ерғазы ҚОШАНБЕКОВ Сарқан қаласындағы орталық жылу қазандығы жұмысын аяқтауға қатысты ұсыныс білдіріп, ел тілегін облыс әкіміне жеткізіп, бітпей тұрған орталық жылу қазандығына қатысты жұмысты толығымен аяқтауға қолдау танытуын өтінген болатын.

Жылу қазандығы іске қосылмақ

«Жетісу»
Қажет АНДАС



Махаббат Сәдуақасұлы ұсынысты қолдайтынын, ел тілегін өңір басшысына жеткізіп, мүмкіндігінше көмектесетіндігін айтқан еді. Сарқан ауданына барғаннан іссапарымызда аталмыш ұсыныс облыс басшысы тарапынан қолдау тауып, облыстық мәслихаттың шешімімен керекті қаржы бөлініп, қызу жұмыстың басталып кеткеніне куә болдық. Демек, жыл соңына қарай Сарқан қаласындағы бірқатар көпқабатты үй, білім және денсаулық сақтау нысаны, әкімшілік ғимарат, жеке секторлар қысқы жылыту маусымындағы қиындықтан құтылатын болады.

Айтпақшы, құрылыс жұмысы 2013 жылы басталған орталық жылу қазандығы 2015 жылдың қазан айында аяқталады деп күтілуде. Ең бастысы, бізді аталмыш нысанның құрылыс жұмыстарының сапалы әрі заман талабына сай жүргізілігі жатқаны қуантты. Қаланың шығаберісіне орналасқан сәулетті ғимараттың салу жұмысында үш жылдан бері тынымсыз еңбек етіп келе жатқан бас мердігер «АЗИЯЭНЕРГОПРОЕКТМОНТАЖ» ЖШС құрылыс жұмысын ең таңдаулы қызметкерлері мен білікті мамандарына жүктеген. Жалпы құны 977,721 млн.теңгені құрайтын, қуаттылығы 6,5 Гкалл нысанға Ресей Федерациясының Бийск зауытында дайындалған 3 дана жылу қазандығы орнатылған. Мердігер компанияның өкілі Серік Ахметтің айтуынша, бұл қазандықтар қатты отынмен де, аздаған өзгертулерден кейін газбен де жанады. Сондай-ақ, осы орталық қазандықта көмір отынының вертикальді түрде көтеруге арналған жаңа заманауи технология «Нория» қолданылған. Бұл тәжірибе еліміз бойынша Өскемен, Семей қалаларындағы жылу қазандықтарына қолданылған. Ал үшінші рет Жетісу жерінде сынақтан өтуде. Бұл да аталмыш нысанның заманауи талаптарға сай келетіндігін аңғартады.

Айта кетерлігі, қазандықтың жылу жүйесінің жалпы ұзындығы 4,2 шақырымды құрайды. Сол аумақта 28 әкімшілік ғимарат, 9 көппәтерлі тұрғын үй және 5 коммерциялық нысан қосылады деп болжануда. Сонымен қатар инет біддірген жеке тұрғын үйлерді де орталық жылу жүйесіне қосу жоспарда бар екен. «Оған қазандықтың қуаттылығы жеткілікті», – дейді үш жыл бойы осында жұмыс істеген мердігер компанияның жұмысшысы Ардақ Қапсамет. Ал Айдын Кіндікбаев: «Бұған дейін Алматы, Өскемен, Семей қалаларындағы жылу қазандығын салу жұмыстарына қатыстым. Бұл нысанның бір артықшылығы – қолданылған құрылыс материалдарының сапалық деңгейінің жоғарылығы мен жұмысқа біліктілігі жоғары мамандар тартылып, барлық құрылыс жұмыстарының жауапкершілікпен жүргізілгені дер едім. Сондықтан оның өміршеңдігі де ұзақ болады», – деді.

Осындай талап пен тынымсыз еңбектің нәтижесінде салынып, ертең ел игілігіне берілетінін нысанның болашақ жұмыс барысы да қарастырылып қойыпты. Білгеніміздей, бүгін де «Сарқан жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны құрылыпты. Болашақта осы мекемеде 50-ге жуық маман қызмет атқарып, Сарқан қаласының тұрғындарына жылу беру мақсатында жұмыс істейді.

Сарқан ауданы.

■ ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2015 ж. 25 мамыр № 228

Алматы облысы әділет департаментінде 2015 жылғы 04 маусымда 3194 нөмірімен тіркелген

2015 жылға арналған басым ауылшаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының және «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алуға ауыл шаруашылығы товаропроизводителерінің шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қағидаларының 8-тармағына сәйкес Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

Алматы облысы бойынша 2015 жылға арналған басым ауылшаруашылығы дақылдарының тізбесі осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес;

2015 жылға арналған басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алуға ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндіп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. «Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (Е. Шәйтүрінов) субсидиялауды қаржыландыруды жергілікті бюджеттен жүзеге асырсын.

3. Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 шілдедегі «2014 жылға арналған басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау туралы» № 277 (нормативтік-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 12 тамызда № 2806 тіркелген және 2014 жылғы 14 тамыздағы «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттерінің № 94 жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. «Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет – ресурста және облыс әкімдігінің интернет – ресурсында жариялау жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпировке жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі
А. БАТАЛОВ.

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы «25» мамыр «2015 жылға арналған басым ауылшаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы» №228 қаулысына 1-қосымша

Алматы облысы бойынша 2015 жылға арналған басым ауылшаруашылығы дақылдарының тізбесі

№ р/с	Басым ауылшаруашылығы дақылдарының атауы
1	Күздік бидай
2	Арпа
3	Дәндік жүгері
4	Күріш
5	Майлы дақылдар
6	Қант қызылшасы
7	Картоп
8	Көкөніс және бақша
9	Жабық топырақтағы көкөністер
10	Жемшөптік дақылдар
11	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдарында
12	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жақсарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші,екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көпжылдық шөптер бойынша (көпжылдық шөптердің көпжастағы егістігін жыртуға рұқсат берілсін)
13	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы «25» мамыр «2015 жылға арналған басым ауылшаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы» №228 қаулысына 2-қосымша

2015 жылға арналған басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндіп өсіру шығындарының құнын арзандатуға субсидиялар нормалары

№ р/с	Басым ауылшаруашылығы дақылдарының атауы	1 гектарға арналған бюджеттік субсидиялар нормалары, теңге	1 тоннаға арналған бюджеттік субсидияның нормасы, теңге
1	Күздік бидай	1200	
2	Арпа	2400	
3	Дәндік жүгері	30000	
4	Күріш	17000	
5	Майлы дақылдар, соның ішінде:		
5.1	майбұршақ	4500	
5.2	күнбағыс	4500	
5.3	мақсары	4500	
6	Қант қызылшасы	30000	1500
7	Картоп	17000	
8	Картоп (өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген)	34000	
9	Көкөніс-бақша	15000	
10	Көкөніс-бақша (өнеркәсіп үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген)	30000	
11	Жемшөптік дақылдар	6500	
12	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдарындағы	6500	
13	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жақсарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көпжылдық шөптер бойынша (көпжылдық шөптердің көпжастағы егістігін жыртуға рұқсат берілсін)	6500	
14	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс	6500	
15	Өнеркәсіп жылыжай кешенінде өсірілген жабық топырақтағы көкөністер (1 дақыл айналымына)	3000000	
16	Фермерлік жылыжайда өсірілген жабық топырақтағы көкөністер (1 дақыл айналымына)	2700000	

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

▲5 РЕФОРМА ЖӘНЕ 100 ҚАДАМ

88-қадам.

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын алға жылжыту жөніндегі ұлттық жобаны әзірлеу және жүзеге асыру, ол «НҰРЛЫ ЖОЛ» инфрақұрылымдық даму, ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ екінші бесжылдығы бағдарламаларын, сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік саясаттың арқасында еңбек, кәсіпкерлік, ғылым мен білім және басқа да кәсіптік қызметтерде жоғары нәтижелерге қол жеткізген қазақстандықтардың (біздің заманымыздың батырларының) табыстарының дербес тарихын ескере отырып, ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ ИДЕЯЛАРЫН ІЛГЕРІЛЕТУГЕ, индустрияландырудың және «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асырудың мемлекеттік саясаты талаптарына жауап бере алатын жұмысшы және кәсіптік-техникалық мамандықтардың артықшылықтары мен танымалдылығын насихаттауға бағытталады.

АҚСУДАҒЫ АУҚЫМДЫ ІСТЕР



Әділбек ДАЛБАҒАЕВ, Ақсу ауданының әкімі:

– Елбасы халықтың бес реформа жөнінде ойларының 100 қадаттан тұратынын айтқан болатын. Ақсулықтар өңірді жерге барынша жақындата отырып, инфрақұрылымдық жобаларды қолға алып отыр. Елбасы бұл реформаларды халықтың тыныштығын, мемлекеттік қызметкерлердің өзіне сенімділігін, бюджеттің тұрақтылығын қамтамасыз ету деп бағалаған болатын. Сондықтан да, ең алдымен, осы бағыттағы жұмыстарға ерекше көңіл бөлуіміз керек. Осыған орай, біз әрбір жылдың қорытындысына сәйкес, саяси қызметшілерге қызметтің нәтижелеріне және экономикаға жұмсап отырған қаржыларымыздың тиімділігіне сәйкес қорытынды жасаймыз. Өңірлерді құрып, қорлар салыстырмалы қызметшілерді қайта саралау арқылы сыбайластыққа жол бермейміз. Ең бастысы, экономиканы әртараптандыруға негізделіп индустрияландыру және экономиканы өсіруді қамтамасыз ету бағытындағы тиімді шараларды барынша жасаймыз, өңірлерге инвестицияны тартамыз, ел азаматтарының әртүрлі қиын қалған бар барынша мүмкіндіктері қарастырылады. Елбасы қазақстандық бірегейлікпен ерен қарай нақтылау барлық айтқанда, бұл алғашқы қадамдарға назарларын, қызметкерлерін алға жарайды. Біз де ақсуліктерден «Бәрімізге ортақ еңбекпен бірдей келешек пайдаланатын», бірдей жауапкершілік жүріп әрекеттенуіне және бел мәселелерді шешуге мүмкіндіктерді жетілдіруге жұмылдырамыз. Ал Мемлекет басшысы бастаған бірлестіктің ортақ болашағына сенімдіміз. Ең ең барлық жоспарланған соған сай жүзеге асырамыз. Қысқасы, Елбасының бес халықтық реформасы ақсуліктердің бұдан кейінгі ұрпақ бақытына болмақ.

Иә, жерұйық мекен Жетісу дегенде көз алдымға кең-байтақ дала, шетсіз-шексіз жазираны өлке көлбеңдейді. Елді, міне, осы даланың тәсілдегі еңбекпен елдің игілікті бастамаларын көлемінен көріп, көңіл көкжиегін кемшылап келеміз. Бұл сапарымыздың да өзіндік жөні, жосығы бар. Бұлұл Елбасы ел дамуының күретамыры болатын бес халықтың реформа мен оны өткарудың 100 қадамын жариялады. Осыған орай, облыстық газеттің журналистері ел арасына барып, тұрғындардың хал-ахуалын біліп, жергілікті билік тарапынан өткарылған жұмыс жайын саралап, өңірдегі өзгерістер мен жағымды жаңалықтарды оқырманға жеткізуді мақсат етті. Бұл орайдағы жұмысты қазақ әдебиетінің алыбы – Ілияс Жансүгіровті, айтыс өнірінің көс шебері – Сәрә Тастанбекқызын, қобызшы – Молықбай күйшіні, Біләл Сүлеев пен Барлыбек Сыртановтай ақиықты, Маман Тұрысбек пен Бижарас Садырбайұлындай меценаттарды берген Ақсу өңірінен бастауды жөн көрдік.

«Жетісу»
Қажет АҢДАС

Талдықорғаннан Сарқан, Алакөл ауандарына одан әрі Шығыс Қазақстан облысына беталған жүргіншінің көз алдында тұратын аудан орталығы Жансүгіров кентінен бүгінгі келбеті кең қуантады. Осыдан бірнеше жыл бұрын көзге жылы шалынатын жол шеттеріндегі қираған құрылыс пен ретсіз көрінестің бұл күнде бірі де жоқ. Өсіресе, қайта жаңғыртуға және күрделі жөндеуге жұмыстары жүргізілген аудан әкімдігі орналасқан ғимаратқа кіргенде еңсемізі тіпті көтеріле түсті. Аудандық әкімдік алды гүлзарларға толып, жол жағалауы темір тормен қоршалған. Өткен ғасырдың екінші жартысында салынған ғимараттың тағанынан шатырына дейін, тіпті, ішкі бөлмелердің құрылымы да мүлдем өзгертілген. Жарық, жылу жүйелері мен жылыту пеш жаңартылған. Мұны аудан тізгінін ұстаған жаңа әкімнің жақсы бастамасының басы деп түсіндік.

Жалпы, Ақсу ауданында мұндай жаңалықтар жеткілікті. Қай саланы алып қарасаңыз да өсу мен өркендеудің белгісін аңғарасыз. Кейінгі жылдары аудандағы құрылыс саласының қарқын алып, жақсы жетістіктермен өрле бастағанын көріп жүрміз. Ауан орталығындағы Желтоқсан көшесінің бойында орналасқан жалпы ауданы 4156 шаршы метрді құрайтын бес қабатты сәулетті тұрғын үй өңірдегі баспана мәселесін шешуге арналған ауқымды жобалардың қолға алынғанын аңғартты. Жансүгіров кентіндегі Қабанбай батыр көшесінің бойында мемлекеттік тапсырыспен салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс жұмысын көргенде көңілімізді келешекке деген сенімдік тербеді. «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы аясында Жансүгіров кентінің бас жоспарына сәйкес қолға алынған жоба осы жылдың тамыз айының соңында қолданысқа беріледі деп күтілуде. Жалпы, 66 млн. 495 мың теңге қаржы бөлінген тұрғын үйлердің жұмысы «Жетісу Сервис А.Н» ЖШС-не жүктелген. Өрқайсының ауданы 70 шаршы метрлік 10 тұрғын үйдің қабырғасы Ақсу ауданындағы «Строитель» ЖШС-ның керамзитті қоршалтермен қаланса, шатыры мен басқа түстарына да сапалы отандық құрылыс материалдары қолданылуда. Сонымен қатар, мұндағы құрылыс жұмысын жүргізетін 52 маман құрылысшының 50 пайызы ақсулық, тұрғындар. Облыс әкімі Амандық Батаповтың ауданға келген сапарында айтқан ұсынысына сәйкес қайтадан қалпына келтірілген екі үйді коммуналдық, меншікке алуға қаражат бөлінсе, тағы да 50 пәтер мұқтаж отбасыларға берілмек. Осылайша бір жылда 110 отбасы қоныстойын тойламақшы. Сондай-ақ, аудан әкімі кезегі жұық арада жеткейтін, жағдайы нашар, дәрменсіз қарттарға, мүгедек жандарға арнайы үй салуды ойластырған болатын. Сәті түсіп қыркүйек айына дейін ауан әкімінің есебіне өткен иесіз қалған Мұратбаев көшесіндегі екіқабатты үйдегі 4 пәтер халықтан жинаған қаражатқа күрделі жөндеуден өтіп, панасыздарға пана болмақшы.

2013 жылдан бері Шығыс Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде Ақсу ауданы әкімінің бастамасымен қолға алынған «Туған жерге тұңғыш тік» акциясының игілігін жұрт көре бастапты. Аталған акция аясында кәсіптен несіп тапқан ақсұлық азаматтар аудан әкімінің үсынысымен туған жерін гүлдендіруге атсалысып, инвестиция құя бастапты. Соның жарқын көрінісіне Мәтай ауылындағы «ТОК-А-ШОК» спорт және ойын-сауық кешенін ерігілгне берген жеке кәсіпкер Қолғанат Самбетов, Жансүгіров ауылы Желтоқсан және М. Әуезов көшесіне орналасқан 36 және 24 пәтерлі екі үйді қайта қалпына келтіріп, ауылдастарына ұсынған жеке кәсіпкер Сабыр Қадыров, аудан орталығында халыққа қызмет көрсету ауқымын кеңейткен жеке кәсіпкер Н. Аманжолов, ауданның бірнеше елді мекенне автобус қатынасын жүргізген «Тасымалдаушы» ЖШС-ның басшысы Жанат Жолдыгутовалардың жұмысымен танысқанда куә болдық. Алтынарық ауылында егін дақылдарын өсірумен, олардың интенсивтік технологияларын енгізу жұмыстарымен айналысатын «Ақсу Агрохолдинг» ЖШС басшысы Сабыр Медетбеков, Көкөзек ауылында бағалы балық түрлерін өсіру және тағамдық, ұнтақтық дәрмектер жобасын қолға алған «Сақбаев ММ» шаруа қожалығының тәрағасы Марат Сақбаев, аудан орталығындағы «Мадина» қонақүй құрылысын аяқтаған жеке кәсіпкер Анар Сақабаева, «Баянжүрек» тойханасын салған жеке кәсіпкер Абай Еңсебаев. 20 жылдан астам су бармаған Үлгілі ауылына су жеткізген мемлекеттік кәсіпорынның Алматы филиалының директоры С. Мухамадиев сияқты азаматтардың жұмыс барысымен танысқанда да туған жерімді көркейтсем деген жандардың мол екендігіне көзімез жете түсті.

Ал Ақсу политехникалық көледжінде орналасқан шағын қуатты жел генераторлары мен күн панельдерін шығаратын цехтың жұмыс барысымен танысқанда Ақсу өңірне инвестиция тартып, табыс табуға болатынын дәлелдеген Арай Анекейұлының жарқын ісіне риза болдық. Желдің кинетикалық энергиясын электр энергиясына айналдырып: 5-10квт мөлшердегі шағын қуатты қондырғылар жасайтын кәсіпкердің табысы да жаман емес көрінеді. Себебі: 20–30 жыл қызмет көрсететін бұл генераторлар қыс қыстау, жаз жайлаудағы шаруаларға өте тиімді. Мұнымен қатар инвесторлардың көмегімен Арасанда гранит зауытының құрылысы басталып, үстімздегі жылдың қыркүйек айында пайдалануға берілмек. Қапалда «Тамшыбұлақ» су цехы қолға алынды. «Мәтай групп» фирмасы Сырттанов пен Ойтоған ауылының бірінде сүт фермасын ашып, 600 бас шетелдік сиыр әкелуге ниетті. Осы түста тағы бір жағымды жаңалықпен қанықтық. Алматыдағы «Еркенұр» ЖШС-ның басшысы Фарида Мерхамитқызы Қызылағаш ауылында қамыстан мата, қағаз және оның ұнтағын шығаратын қаржылық құны 10 млн. АҚШ долларына есептелген 3 шағын зауыт салуды қолға алмақшы. Аталған жоба іске асса, ауданға инвестиция тартылып, қосымша сапық көз және жаңа жұмыс орындары ашылады. Туған жерге инвестиция тартамын деп түрі азаматы Өзшатқ Ведат Әлиді жобалық құны 1 млн. 200 мың АҚШ доллары тұратын ет комбинатын салуға үйымдастырып жүрген Түркиядағы оқитын студент Орысхан Мәдина атты қаршадай қыздың ісін көрп тәнті болдық.

Осындай жаңа технологиялардың қолданылу аясы кеңейген сайын ауданда жыл сайын егіс көлемі ұлғайып, өнім түсімде көбейген. Егін шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу, жоғе қаражат пен пизинг әдістерін пайдалана отырып, жаңа техникалар сатып алу қарқын алуда. «Бизнестің жол картасы – 2020». «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» мүгедектерді оңалту бағдарламалары. тұрғын үй құрылысы, шағын кәсіпкерлік, инвестиция. аудан қалқын сапалы ауызсумен қамту, жол жөндеу, білім, денсаулық, мәдениет және тіл, спорт және туризм салаларында жаңа бастамалар қолға алынып, жақсы жетістіктер тіркелген. «Жұмыспен қамту 2020» жол картасы аясында екі жылда 500 млн. теңгеден астам қаражат өз ісін ашу үшін аудан тұрғындарына несиеге берілуі немесе осы мақсатқа облыстық бөлінген қаражаттың бестен бір бөлігін Ақсу ауданының игеруі көп нәрсені аңғартқандай. Соңғы жылдары ана өлімінің болмауы, бала өлімінің күрт азаюы халықтың денсаулығына деген көзқарастың талап деңгейінде екендігін байқатады.

Ақсу ауданында жол жөндеу жұмысына баса назар аударылып, ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Аудандағы жол жөндеу жұмысымен айналысатын құзырлы органдардың ақпаратынан білгенімздей, өткен жылы мақсатты жұмысқа бөлінген қаражат қаржы тимді игерілпті. Нәтижесі де жаман емес. Биыл да «Кешенді бағытты бағдарлама» бойынша аудандағы ауыларалық жолдарды жөндеу кедергісіз көлік қатынасын қалпына келтіру үшін тыңғылықты шаралар қарастырылған.

Елбасы былтыр Жетісу жерінде келген іссапарында қант құмзылшасын өндіруді қайта жандандыру туралы нақты тапсырма берген болатын. Содан бері өңір басшысы Амандық Баталов аграрлы айналтын алтын қазынасы саналатын шаруаның қайына қан жүгіртуге көп күш салуда. Биыл Ақсу ауданы бойынша 860 гектар алқапқа қант құзылшасын себу жоспарланып, бүгінде бұл мендет толығымен орындалды. Қазір қант құзылшасын баптау жұмыстары басталып та кеткен.

Айта кетерлігі, биылғы жыл жауын-шашынды болғанымен Ақсу өңіріне жаңбыр тамшысы тамбағалы көп болған. Табиғаттың осы тосын мінезі қызылша өсімнің тез көтерілуне кедергі келтіріп жатқан көрінеді. Десе-дағы ауданның, әкімдіктің қадағалауымен күтіп-баптау шаралары қолға алынған. Осы түста біз диқандардың өндірген өнімді қайда, қалай сату мәселесі алаңдататынын білдік. Сонымен аудан басшыларымен кездесуде осы сұрақты қойдық. Білгенімздей, бүгінде Ақсу қант зауытына 2015 жылдың өнімен өткізуге Ақсу ауданының 36 шаруа қожалығынан ұсыныс түсіп, аталған агрожұрылымдармен келісім жасалыпты. Демек, өнімді сатудың жолы қарастырылып қойылған. Диқандардың ең алаңсыз ерінбей еңбек етуіне өбден болады.

Біз ең алқаптарын аралап жүріп, Ақсу ауданындағы қант құзылшасы өндірісін өркендету ісінің алдағы уақытта қарқындай түсетініне осылай көз жеткіздік. Тек Ақсу қант зауыты қайта жаңғырса немесе осы өңірден қант құзылшасын өндейтін жаңа зауыт салынса, елдің көз ашылар еді-ау деген арман қалды көкейімізде.

Облыс әкімі Амандық Баталов облысымыздағы бірнеше аудан әкімінің есеп беру жиналысына қатысқан болатын. Сол қатарда Ақсу ауданына арнайы келген облыс әкімі ауданның әлеуетін көтеру үшін аудан әкімі Әділбек Далбағаевқа бірқатар тапсырма жүктеген. Сол қатарда, аудан әкіміне Үкімет тарапынан қарастырылып отырған жеңілдікпен несие алып, кәсіп көзін ашу жайлы тұрғындарға жан-жақтылы түсіндіру жұмыстарын ширату керектігін тапсырды. Суару жүйесін, гидротехникалық құрылымдардың жағдайын жақсарту мен ішкі мақсаттағы суару каналдарын қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыруды міндеттеді. Өндірістік аймақ құру, орта және шағын кәсіпкерлік саласындағы белсенді субъектілердің санын көбейту, ірі қара мал етін өндіру мақсатындағы бордақылау алаңдарын салу, қой жылқы шаруашылығын, ірі қара малдың етті бағытын дамыту бағдарламасын қолға алу. «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыруға жергілікті кәсіпкерлерді тарту туралы жан-жақты тапсырмалар жүктеген болатын. Осы жолғы сапарымызда облыс басшысының сол тапсырмалары аясында қауырт жұмыс істелп, қарқынды жоспарлардың атқарылып жатқанына куә болдық. Қысқасы, 2014 жылдың қорытындысы бойынша ауданның мәдени-экономикалық дамуын 3 саласында облыста бірінші орынға, 3 саласында екінші орынға шығуынан Ақсу ауданының өркендеу мен дамудың жаңа, жарқын өміршең бағытына түскенне көз жеткіздік.

Ақсу ауданы.

▲ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2015 ж. 25 мамыр
Талдықорған қаласы

№ 227 Алматы облысы әділет департаментінде
2015 жылғы 04 маусымда 3194 нөмірмен тіркелген

Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және нормаларын белгілеу туралы



Алматы
облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы «25» мамыр «Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және нормаларын белгілеу туралы» № 227 қаулысына 1 қосымша

Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына) арналған субсидиялардың нормалары

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы «25» мамыр «Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және нормаларын белгілеу туралы» № 227 қаулысына 2 қосымша

Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыш өндірушілерден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына) арналған субсидиялардың нормалары



▲ТУРИСТІК МАУСЫМ

Жер сұлуы – Жетісу

Шын мәнінде, аспанмен таласқан шыңдары да, сағыммен сырласқан құмдары да, биіктен құлаған суларымен желмен тербелген нулары да жетерлік Жетісудай өлке әлемде жоқ шығар, сірә?! Сонымен бірге осы ұлы далада ғұмыр кешкен бабаларымыздың қолымен жасалынған тажайып сәулет өнерінің туындылары қаншама?! Егер осы табиғаттың сыйын сәуатты пайдаланатын болсақ, елімізге түсетін кіріс еселен артар еді. Анта соңында Қарасай ауданының Жандөсов ауылындағы «Home club» отбасылық демалыс орталығында «Туристік маусымның ашылуы – 2015 және Алматы агломерациясының шеңберінде Алматы облысында туризмді дамыту перспективалары» тақырыбында өткен «дөңгелек үстел» міне, осы мәселелерді талқылауға бағытталған болатын.

«Жетісу»
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Алқалы жиынды облыс әкімінің орынбасары **Серік Тұрдалиев** ашып, алдымен жиынға келгендерді жұртшылықпен таныстырған. Ол туризм саласын дамыту елімізі үшін аса маңызды міндет екенше тоқталып, осы орайда Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі бес ауданның алар орнын да ерекше атап өтті.

Қонақтарды қабылдаушы тараң ретінде алғашқы болып сөз алған облыстық туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Торғын Ермұқамбет негізінен Алматы агломерациясы шеңберінде өлкемізді туризмді дамыту мүмкіндіктеріне және жалпы туристік маусымға дайындық мәселесіне тоқтады. Алматы қаласы туризм басқармасының бөлім басшысы Жанар Алшымбаева бұл бағытта елімізді ең ірі мегаполистің алар орны өзгеше болғанымен қала мен облысты бөліп қарауға болмайтынын айта келіп, туризмді дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында облыстың туристік нысандарын пайдалануға аса маңыз берілгенін ескертті. Бұл жерде әсіресе «Алтын аймақ – Жетісу» туристік бағытын дамытып, оны «Экспо – 2017» және «Универсиада – 2017» шараларына келген қонақтарға көрсетуді казірден бастап ойластырғанның маңызы зор.

Қазақстан туристік агенттігі экотуризм орталығының үйлестіруші Айгүл Исағұлова негізінен 2015 жылғы туристік маусымда ішкі және сыртқы туризм мәселелерін тілге тиек еткен. 26 мемлекеттің туристік сапармен келетін азаматтарына визасыз кіру құқығы берілгендіктен туристердің саны екі есеге артқанымен, әлі де болса кедергілер кездесетінін айта келе құжаттарды тіркеу, автобустардың түнгі қатынасына шектеу жұмысында олқылықтар орын алып отырғанын мәлімдеді.

Алматы облысы жолаушылар тасымалдау және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Аскар Тойбаев туристердің қызығушылығын тудырып отырған жерлерді жол қатынасымен қамтамасыз ету мәселесі жайлы айтып өтті. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар ұлы мәнінде комақты екен. Атап айтқанда, алдағы уақытта шетелдік алып ұшақтар Талдықорған әуежайына да ерікті қона алатын болады. Сол арқылы туристерді тікелей қабылдауға мүмкіндік туады. Әуе қатынастары жайлы айтқанда, «Жетісу» авиакомпаниясының ұшақтары таяу болашақта Талдықорғаннан Алматы мен Астанаға ғана емес, Павлодар мен Өскеменге, ішкі бағытта Кеген мен Жаркентке, Үшаралға да ұшатын болады. Жобаны жүзеге асыру жұмыстары казірдің өзінде қолға алынған.

Өлкемізге теміржол қатынасы да дамуда. Жаз айларында Алакөлге барып демалушыларға жол қиындығын жеңілдету үшін Жетіген – Көктұма бағытында, құрамында бес вагоны мен рестораны бар пойыз аптасына үш мәрте қатынайтын болады. Билет құны да қалтаға салмақ түсірмейді. Ал, автокөлік жолдарын әлемдік стандартқа сай келтіру үшін жасалынып жатқан жұмыстар көпшілктің назарында. Аскар Еңдібайұлы Алматыдан Қапшағайға дейінгі жолдың бетоны биыл салынып біттетінін хабарлады. Сонымен қатар Талдықорған – Өскемен асфальт жолы құрылысы басталып, Үшарал – Достық жолы да қолға алынатын болады. Бұл жобалар жүзеге асатын болса туристер ғана емес, барша тұрғының өркеннет игілігін көретініне дау жоқ. Алакөл ауданы әкімінің орынбасары Алмас Ақанов былтыр көлдегі демалыс айлақтарында 97 кешен жұмыс жасап, онда 120 мыңнан аса адамның тынықканын айта келіп, демалушыларға көрсетілетін сервистік қызметтің сапасын жақсарту үшін атқарылып жатқан шараларды баяндап өтті. Сол сияқты жазғы демалыс маусымының ашылуына байланысты Қапшағай көліне барушылардың қатары еселеп артатыны белгілі. Онда алматылықтар ғана емес, шетелден келген қонақтар сахаттағанды ұнатады. Қаладағы ойынханаларға келетіндер өз алдына бөлек әңгіме. Алматы қаласының тұрғындары мен меймандар Іле Алатауының аңғарларына барып демалғанды дәстүрге айналдырған. Бұл жерлер ұлттық табиғи парк болғандықтан көлушіктік шараларын сақтаудың маңызы зор. Бұл жайлы парктің экологиялық ақпарат және туризм бөлімінің басшысы Алмат Ақаев жан-жақты әңгімелеп берді. Ал, Қазақ спорт және туризм академиясының аға оқытушысы Олег Лютеровнч болса оқу орнында туризм саласының мамандарын даярлау мәселесіне тоқталып, әлемдік дәрежедегі қызмет көрсету үшін шетел тілдерін меңгергені, білгір де білікті кәсіптердің қатарын молайтудың маңыздылығын тілге тиек етті.

«Дөңгелек үстел» басындағы жоғары «Эффект» ЖШС-ның директоры Жандос Нұрбеков «NOMAD» серіктестігінің қатысуымен жасалынған «Жетісу» геоақпараттық интернет-порталының түсаукесерін жасады.

Бұған қоса, «дөңгелек үстел» шеңберінде Алматы облысы мен Алматы қаласының туризм басқармалары және Қазақ туризм және спорт академиясы туризм саласында өзара ынтымақтастықты орнату туралы меморандумға қол қойды. Сала мамандары бас қосқан жиында бір топ азаматтар «Туризм саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Қарасай ауданы.



Әлем тынысы

Екі жолаушы ұшағы соқтығысты



Лос-Анджелестегі Боба Хоуп атындағы халықаралық әуежайдағы ұшу жолында "Боинга-737" екі жолаушылар ұшағы соқтығысып қалды.

Екі лайнер де Southwest Airlines компаниясына тиесілі. Олардың бірі Сакраментодан ұшып келсе, екіншісі Финикске ұшуға әзірлік үстінде болатын.

Соқтығысқан кезде бірінші ұшақ бортында 100 жолаушы болса, екіншісінде 114 адам болды. Абырой болғанда, ешкім зардап шекпеген жоқ. АҚШ-тың авиация билігі оқиғаның себептерін тергеуге кірісті, деп хабарлады KTLA телеарнасы.

Ал осыған дейін Канада астанасы Оттава қаласында гидроұшақ өзенге құлаған. Әуе көлігі бірнеше минуттың ішінде суға батып кетті. Борттағы екі адам болған. Бірі – 71 жастағы ұшқын, екіншісі – 27 жастағы жолаушы. Екеуі де қазір ауруханада, жағдайлары ауыр.

Экс-мэрді атып өлтірді



Мексикадағы аралық сайлауда Герреро және Оаксака штаттарында қарсыласушылар бірқатар бюллетенді отқа жақты, сонымен бірге Оаксакадағы сайлау учаскесінің жанында бұрынғы мэрді өлтіріп кетті.

Тистла-де-Герреро қаласында өткен жылы қыркүйекте ұрлап кеткен 43 студенттің тұстары ауқымды шеру өткізді, олар осы кезге дейін табылған жоқ.

Талдамашылардың айтуынша, бұл сайлау қазіргі президент Энрике Пеньи Ньетоның танымалдығына сынақ болды.

Жанжалдарға қарамастан экзит-полл президент партиясының Конгресте көпшілкті сақтап отырғанын көрсетеді деп хабарлады Би-би-си.

Шешенстан президентінің қабырғасы сынды



Шешенстан Республикасының Президенті Рамзан Қадыровтың бокстан жаттығу кезінде екі қабырғасы сынды. Бұл туралы ол өзінің әлеуметтік желідегі жеке парақшасында жазды.

«Өткен жаттығуда мен жақсылап тұрып соққы жедім. Соққының дәл және ауыр болғаны сондай тартпаға қабырғам екі жерінен сынып кетіпті, – деп жазды Қадыров жексенбіге қараған түнде.

Құрбандар саны 431-ге жетті




Дүйсенбіде Цзянъли (орталық қытайлық Хубэй провинциясы) уезінде Яңцзы өзеніне батып кеткен "Дунфанчжисин" (Шығыс Жұлдызы) теплоходы апаты құрбандарының саны 431 адамға жетті.

Он бір адам хабарсыз кеткендер санында. Тірі қалғандар саны – 14.

Бүгін таңертең су бетіне шығарылған теплоходта қаза тапқандардың туысқандары мен құтқарушылар қатысқан еске алу рәсімі өтті. Құрбандардың ішінде үш жасар қыз бар, – делінген қытайлық БАҚ хабарламасында. Негізінен қаза болғандар Қытайдың ірі өзенінің суғұлының тамашалауға келген – 50-80 жастағы егде адамдар. Олардың барлығы – ҚХР азаматтары.

Кемені жұма күні кешке жүзетін кран көмегімен жоғары көтерген болатын.

Такси жүргізушісі клиентін тонады



Мәскеуде өз жолаушысын тонаған заңсыз такси жүргізуші ұсталды. Ер адам клиентіне дәрі қосылған сыра беріп, ол ұйықтап қалған кезде, планшетті компьютер мен скрипкасын жымқырып кеткен.

Барнаулдан келген қонақ Ленинград даңғылындағы ауруханадан табылды. Ол ұйқыдан келесі күні бір-ақ оянған, деп хабарлады "Вести ФМ" радиосы.

Сонынан зардап шегуша полицейлерге таксиді Планерная метросынан ұстағанын айтқан. Такси жүргізуші немересінің туған күнінің құрметіне бұған сыра ішуді ұсынған. Құдалті бірнеше сағаттан кейін Фомичева көшесінен табылды. «Қарақшылық» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Полиция жүргізуші тағы қанша клиентін улағаны жайлы анықтауда.

Қарақшылар 2 млн. рублін алып кетті



Мәскеу маңындағы Солнечногорск ауданында қарақшылар үйге баса-көктей кіріп, үй иелерін байлап тастап, мыллион 700 мың рубльді қымқырып, бой тасалаған, деп хабарлады "Интерфакс".

Құқық қорғау органдарының деректерне сүйенсек, алтыншы маусымда үш белгісіз біреу Брехово ауылында есігі ашық тұрған үйге кіріп, электршокермен қорқытып, ерлі-зайыпты екі адамды ұрып-соғып, оларды байлап, ақшаларын ұрлап кеткен. «Қарақшылық» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Ресей ІІД оқиғаны растады.

Оразақ қабыл болсын, ұстаған жан!

Жетісу

№ 69 (18057)
Бейсенбі, 18 маусым, 2015 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

▲ЕҢБЕК АДАМЫ



СУРЕТТЕ: «Нұр» балалар үйінің бас аспазы Мадина ҰМАРТАЕВА.

Үлкен үйдің ырысы

Осыған дейін 300-ден астам жетім мен тұрмысы төмен отбасы балаларына пана болып, оқытып-тоқытып қатарға қосқан «Нұр» отбасылық қайырымдылық үйінде бүгінде 73 бала үлкен жүректі, мейірі мол Тұяқ Қазкеқызының қанатының астында тәлім-тәрбие алуда.

«Жетісу»
Үлбосын ИСАБЕК


Бұғанасы бекімей, қанаты қатаймай жатып тағдырдың ауыртпалығын арқалаған бейкүнә балалардың зұлер тағдырына араша түсіп, жүрек жылуын беріп отырған бұл шаңырақтың киесі бар десек, асыра айтқандық болмас. Жетімнің киз жасын құрғатып, көңіліне қуаныш нұрын төгіп отырған апаулы да ардақты жандардың арқасында жәудір көз балалардың жетімдік көрмей, қоңыраулардың тойғысын отыруында отбасы еңбеккерлерінің арасында аспазшылардың алар орны бөлек. Таң елең-алаңнан тұрып, балалардың дәмді болуына барын салатын жандардың қамқорлығы олардың әзірлеген тағамдарынан анық аңғарылып тұрады.

– Таң сәріден тұру айнымас әдетім және қазан-ошақтың қасынан табылу да менің мамандығыма жазылған бақыттың белгісі деп білемін. Бұған дейін де атағымнан ат үркетін шекті-шекпеңдердің ас-суын әзірлеуге сан мәрте қатыстым, «мен, мен» деген мейрамханаларда аспазшы болдым. Бірақ солардың ішіндегі ең мәртебелі де жауаптысы осы балақандарға тамақ жасау деп түсінемін, – деуі Мадина апаның мақтанышынан гөрі, өз ісінің білермені екендігін айғақтай түседі. Бұл кәнігі көрі, көңіліне түйгені мол еңбеккор ананың шын пейілмен туындаған шуақты лебіз.

Ең бастысы, денсаулығы мықты болады, – деген бас аспазшы күнделікті ас мәзірінің құнарлы тағамдармен толығуын отырушы аса мән береді. Ерінбей еңбек етуді дағдыға айналдырған Мадинаны буы бұрқырап, ысі танауды жарып, тәбетті ашатын қазақтың ыстық бауырсағы мен кеспесі, мәнтісі мен тұшпарасы, түрлі сорпа мен бұқтырған ет, басқа да ұлттық тағам түрін тандайды бал татыта жасаудың хас шеберлері десек артық болмас. Мақтануды бізмейтін, биікпін де демейтін еңбектің шығыс қаратормысы осы бесаспап аспазшылар екені сөз дәуітұғызбайды.

Талғар қаласы.

▲МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Сурет түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

БОРДАҚЫЛАУДЫҢ БАБЫН БІЛЕДІ

Алматы қаласының іргесінен орын тепкен Жамбыл ауданы ау бастан мал бағып, ерін еріп, бау-бақша дақылдарын өсіруге машықтанған. Жер жаннаты Жетісу өлкесінің шұрайлы бөлігін алып жатқан аймақта қазір қай салада да ілгерілеушілік бар. Ауыз толтырып айтарлықтай тірліктің атқарылып жатқандығын біз арнайы іссапармен барғанда көз жеткіздік

«Жетісу»
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен Ұзынағаштан ары бірнеше шақырым жерде орналасқан Үңгіртас ауылына қарай бет алдық. Ондағы мақсат сол елді мекендегі мал шаруашылығы саласы бойынша жұмыс істеп жатқан «Империя Фуд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тірлігімен танысып қайту. Жол бойы бізді табиғаты көркем өңірдің сұлулығы мен таза ауасы ерекше сүйсіндірді. Тақтайдай тегіс, оқтай түзу жол үстімен жүйткіген көлік үшін жол ұзақтығы деген сөз болып па, әп-сәтте діттеген жерге де келдік. Алыстан ат терлетіп жатқандерді аталмыш серіктестік басшысы Арман Джавидан қарсы алып, мал бордақылау алаңында атқарылып жатқан жұмыстарды көрсетті. Айта кетейік, елде ет өнімдерін экспортқа шығару бүгінгі күннің басты талабы екенін ескерсек, малды семіртіп, етін экспортқа шығаруда мұндай орынның маңызы зор екендігін айтқан жөн. Аташалтырым жерді алып жатқан заманауи үлгідегі кешен барлық талапқа жауап береді. Тіпті, электрмен де жарықтандырылған.

Ондағы малды күннің ыстығынан қорғау үшін арнайы қондырғылар арқылы сумен бүркітін жүйе де ойластырылыпты. Бір сөзбен айтқанда, ірі қараның алаңсыз азықтанып, қоректенуі үшін қажетті жағдайлар жан-жақты қарастырылған. Тіпті, мал ақырының тазалығына дейін мән берілген. Осы жөнінде мамандар мал азықтанатын орынның тазалығы дұрыс сақталмаса, бактерияның пайда болуына жағдай туғызып, мал ағзасына зиянын тигізетінін айтады. Бүгінде серіктестік басшысы ақыр шығаруды да қолға алыпты. Әртүрлі дәрумендермен байытылған экологиялық жағынан таза жемшөп белгіленген мөлшермен уақытылы беріледі. Кешен үш мың басқа арналып салынса, қазіргі кезде мұнда төрт жүзге жуық ірі қара семіртілуде. Бұл етке өткізілуіне байланысты саны жағынан өзгеріп отырады. Кешенге күніне отыз-қырық шақты ірі-қара әкелініп, алты айға дейін бордақыланады.

Олардың арасында асыл тұқымдылары да бар. Шаруашылықта мал қабылдаудың талаптары қатаң сақталған. Әкелінгендері міндетті түрде тексеруден өткізіліп, содан кейін ғана бордақылауға жіберіледі. Ол үшін арнайы мал дәрігері қызмет көрсетеді. Мұнда еңбек ететіндер арнайы орында күнделікті мал салмағын өлшеп, қадағалап отырады. Жалпы, бұл жерде жиырмадан аса адам жұмыспен қамтылған. Олар жергілікті тұрғындар десек, алатын жалақылары да жаман емес, аллыс мың теңгеден жоғары.

– Жақсы күтім болған жағдайда ғана бордақылауға қойылған мал семіз шығады. Оның да өз әдіс-тәсілдері бар. Мысалы, семіртіліп жатқан малды үруға, дауыс көтеріп айғайлауға, тіпті, қорқытып, үркітуге де болмайды. Өзіңіз көріп тұрғандай, алаң аташалтырым жерді алып жатыр. Өйткені оларға да еркіндік керек. Мұндай жағдайда бордақылауға қойылған малға жақсы ет бітеді. Өзіңіз ойлаңызшы, ертеден кешке дейін бір жерде байлауда тұрғандарда қандай күй болсын!. Мұндай жағдайда ағзадағы қан дұрыс жүрмейді. Сөйтіп, оның ішкен-жегені іркіген майға айналып, салмағы жеңілдейді. Сол үшін біз осы жағына ерекше мән береміз – дейді, өнімесінің бірінде аталмыш серіктестік басшысы.

Біз барған күні сол жерден «ҚазАгроӨнім» АҚ басқарма төрайымының орынбасары Анас Бекқожаевты кездестірдік. Ол да бұл істің қыры мен сыры жайлы біраз әңгіме өрбітті. Ол шетелдік азаматтың қолға алып отырған ісін мақтан тұтып, оның малды жақсы күтіп-баптай білетін тәжірибелі маман екендігін сөз етті. Анас Бекқожаев әлі де осындай адамдардан үйренеріміздің көп екендігін келденең тартып, бүгінде олар осы сияқты шаруашылықтармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп келетіндіктерін тілге тиек етті.

Иә, қай кезде болсын заман талабы бұрыннан қалыптасқан таптаурын іздермен жүре бермей, жақсыға ұмтылып, өмірге жаңалық енгізуді қалайды. Осыны білетін ірандық азамат өз қаражаты есебінен жұмыс орнын құрып, сапалы ет өндіруге атсалысуда. Сондықтан, бордақылаудың бабын жақсы білетін Арманның мал шаруашылығының өркендеуіне тамшыдай болса да қосқан өзіндік үлесі кім-кімге де үлкен өнеге, зор мақтаныш. Ендеше, біз де оның ісіне үлкен сәттілік пен табыс тілеп қайттық.

Үңгіртас ауылы, Жамбыл ауданы.

▲ОРМАН – ОТАН БАЙЛЫҒЫ



ЕЛБАСЫМЫЗ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН БОЛАШАҚТА ГҮЛДЕНІП, КӨРКЕЙГЕН ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ ЕЛГЕ АЙНАЛАДЫ», – ДЕГЕН БОЛАТЫН. ОСЫ ОРАЙДА КӨПТЕГЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛІП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫ КӨҢІЛГЕ ҚУАНЫШ ҰЯЛАТАДЫ. РАЙЫМБЕК АУДАНЫНДАҒЫ ЖАЛАҢАШ АУЫЛЫНДА «ОРМАНДЫ МОЛЫҚТЫРУ МЕН ОРМАН ӨСІРУ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР ӨТТІ. БҰҒАН ОБЛЫСТАҒЫ БАРЛЫҚ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫЛАРЫ МЕН МАМАНДАРЫ, ТАБИҒАТҚА ҚАТЫСТЫ ИНСТИТУТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ҒАЛЫМДАР ҚАТЫСТЫ. ОСЫНАУ ІРГЕЛІ БАСҚОСУҒА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ СЕРІКЖАН БЕСКЕМПІРОВ ОРТАҚТАСТЫ.

Бір тал кессең, он тал ек

«Жетісу»
Қанат БІРЖАНСАЛ

Облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Жаншабай Керімбек атқарылып отырған семинарда жер жаннаты Жетісу өлкесінде орманды молықтыру жөнінде атқарылып жатқан жұмыстар көңілнен сөз болды. Облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Қанат Нүсіпбаев бұл тұрғыда баяндама жасады. Облысымызда орман қорының жалпы жер көлемі 4137,9 мың гектар. Оның ішінде орманмен көмкерілген алқап 1670,7 мың гектар. 2011 жылдан бері қарай облыстағы мемлекеттік орман қоры 59459 гектарға көбейген. Бір сөзбен айтқанда, Жетісу жеріндегі орман алқаптары жас көшеттермен толығып, молығa түсуде. Осы мақсатта облыстағы 17 тұқымбақта 4,9 миллион көшет өсірілуде. Тұқымбақтардағы 5,8 мың гектар жерге 778,8 кг. Тұқым себілді. Облыстағы Үйғыр, Жаркент, Кеген, Қаскелең, Шелек орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелеріндегі тұқымбақтарда жұмыс нәтижелі жүргізіліп келеді. Елді мекендерді көгалдандыруға 395 мың түп көшет босатылып, мемлекеттік мекемелердің арнайы есептотына 14454,1 мың теңге қаражат түскен.

Семинарда Кеген орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің басшысы Жанат Демежанов өздеріне қарасты мекеменің жұмысы туралы әңгімеледі. Мекеме басшысының орынбасары Айбол Құсайынов Кеген орман шаруашылығына қарасты Жалаңаш ауылындағы тұрақты тұқымбақты жыл бойы атқарылатын жұмыстарды сөз етті. Бұл арнайы дайындалған бейне көріністермен толықтырылып отырылғанын айта кеткен орынды.

Облыстық семинарда Үйғыр орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің басшысы Кәмілжан Юлдашев, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің магистрі Ерғанат Қаспақбаев, Қазақ мемлекеттік республикалық «Ағаш тұқымы» мемлекеттік мекемесінің директоры Жанғелді Әкебаев, байырғы орманшы, зейнеткер Адабай Жаутікбаев сөз алып, орман қорын жас көшеттермен молықтыру тұрғысында ойларын ортаға салды. Семинар-кеңесте облыс әкімінің орынбасары Сержан Бескемпиров сөз сөйлеп, облыс орманшыларының алдында тұрған кезекті міндеттерді алға тартты. Орманшылар қауымын жақсы іске шақырды. Бұдан кейін жиналған көпшілік Жалаңаш орманшылығына қарасты тұрақты тұқымбақта болды. Мине, осы жерде қарағай көшеттерін дайындау үшін жүргізілетін барлық жұмыстар көрсетілді. Семинарға қатысушылар осы күні Жалаңаш орманшылығына қарасты 20 айналымның 2 орамында жас қарағай көшеттерін отырғызу жұмысын көрді. 1 гектар жерге 1100 арнайы шұңқыр дайындалады екен. Әр шұңқырға 5 қарағай көшеті мен яғни, 1 гектарға барлығы 5500 түп көшет отырғызылады. Жалаңаш орманшылығы бойынша жыл сайын 10 гектар жерге жас көшет отырғызылады. Бұл қуанарлық дүние. Кеген орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі бойынша жыл сайын 50 гектар жерге қарағай көшеттері отырғызылады. Сөйтіп, орманды алқалтың қоры үлгая түсуде. Оның сыртында Жанат Демежанов бастаған Кеген орман шаруашылығы мекемесі облысты, республиканы қарағай көшеттерімен қамтамасыз етіп келеді. Семинарға қатысушылар көп дүниені көзбен көріп, тәжірибе алмасып, көкейлеріне қап ой түйіп, жаңа да жақсы істерге жігерленіп аттанды.

Райымбек ауданы.

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді 2015 жылғы 26 және 28 маусым күндері аралығында «Жастар» спорт сарайында өтетін Қазақстан, Куба, Австралия және Алжир командаларының қатысуымен әйелдер арасында волейболдан Әлемдік «Гран-При» іріктеу кезеңінің 1 турын тамашалауға шақырамыз.

Жарыстың салтанатты ашылуы 26 маусым күні сағат 14.30-да.

Ойын бағдарламасы:

26 маусым
13.00. Австралия – Куба.
16.00. Қазақстан – Алжир.
27 маусым
13.00. Куба – Алжир.
16.00. Қазақстан – Австралия.
28 маусым
13.00. Алжир – Австралия.
16.00. Қазақстан – Куба.
17.30. Салтанатты жабылу рәсімі.

▲ЖАҢА ҚОНЫС

ЕРКІН АУЫЛЫНДАҒЫ ҚУАНЫШ

Талдықорған қаласының әкімі Ермек АЛПЫСОВ қала тұрғындарымен есепті кездесуінде биылғы жылы қалаға қарасты ауылдық округтерде іске асатын бірқатар жаңа жоба жайлы айтқан еді. Көп уақыт өтпей, сол үәделер орындала бастады. Бір ғана Еркін ауылында Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі қарсаңында соғыс ардагерлеріне арналған сәулетті ескерткіш ашылса, кеше ауылдық әкімдіктің жаңа ғимараты мен ауылдық учаскелік полиция бөлімшесі жаңа қонысының тұсаукесер рәсімі өтті. Ғимараттың ашылу салтанатына жиылғандардың қарасы көп болды.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Тұсаукесер шарасына қала әкімі Ермек Алпысов қатысып, көпшілікті қуанышымен құттықтап, Елбасының тапсырмасы, облыс әкімінің қолдауы арқасында қаламызда атқарылып жатқан жетістіктер мен толағай табыстарды тілге тиек етті. Өз кезегінде Талдықорған қалалық ІІБ-нің басшысы Ерлан Сансызбаев ауыл әкімдігі жанынан бой көтерген учаскелік полиция ғимаратының құқық қорғаушылардың ел тыныштығын сақтаудағы жұмысын шыратуға сеп болатынын жеткізді.

Өткен ғасырдың 50-ші жылдары салынған ауылдық округ ғимаратының тозығы жеткен болатын. Осы мәселені облыс әкіміне баяндаған Ермек Амантайұлы жаңа ғимарат салу туралы ұсыныс білдірген. Өңір басшысы бұл ұсыныста қолдап, тиісті қаржы бөлгізген. Өткен жылдың желтоқсан айында бұрынғы көне ғимарат түгелімен сырылып тасталып, оның орнына «Талдықорған сәулет» ЖШС-ның жобасы бойынша құрылыс жұмысы басталған болатын. Оның жұмысын жүргізген «Шымыр» ЖШС мамандары мен жұмысшылары белгіленген мерзімде құрылысты толық аяқтап, ел игілігіне беріп отыр. Сәулетті нысанның тұсауын ауыл ақсақалдары кескен соң көпшілік арапап кіріп, мүмкіндігімен танысты.



Суретті түсірген А. ҚАЗЫБЕК.

Айта кетерлігі, 10 мыңнан астам тұрғын тұратын Еркін ауылының балалары оқитын мектептің алыстығы да үлкен мәселе еді. Облыс әкімінің қолдауымен алдағы оқу жылының қарсаңында Еркін ауылындағы қара домалақтар асыға күткен мектеп пен мектеп жанындағы шағын орталық та пайдалануға беріледі. Қысқасы, қала іргесіндегі елді мекеннің әр күні осындай қуанышпен өтуде.

■ТАЛДЫҚОРҒАН – 2035

ҚАЛАНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ

Жер жаннаты Жетісудың орталығы Талдықорған қаласы күн санап көркеюде. Бой көтерген көп қабатты тұрғын үйлер мен сәні мен сапасы жоғары ғимараттар қаланың көркемдігін арттыруда. Жыл сайын бірінен соң бірі салынып сұлулықты сипаттаған сәулет орындары қала аумағын кеңейтуде. Ендігі 20 жылдан соң бас шаһардың келбеті қандай болмақ. Осы орайда облыс әкімі Амандық БАТАЛОВҚА Талдықорған қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспары таныстырылды.

"Жетісу"
Құралбек СӘБИТОВ

Талдықорған қаласының бас жоспары соңғы рет 2004 жылы бекітілген болатын. Ол кезде қала халқының саны 98000 адам болса бүгінгі таңда демографиялық ахуал өсіп 167 мыңнан аса тұрғындар тіршілік етуде. Жаңа ықсандар бой көтеріп, шағын аудандар салынды. Бұл бүгінгі күннің жемісі. Ал болашақта қаламызда драма театры, велотрек, сауда орталығы, арасан мөншасы, теміржол вокзалы, хайуанаттар бағы сынды жаңа ықсандар бой көтермек. Ауқымды құрылыс кезең-кезеңімен жүзеге асады деп жоспарлануда. Бұл негіздегі ықсандар кеп ұзамай үкіметтің назарына жіберіледі. Облыс әкімі қандай да бір құрылысты бастамас бұрын қаланың бас жоспарына баса назар аударуды ескертті. Аталған жоба жүзеге асқанда қала қарыштап, аумағы арта түседі.

Сонымен бірге жауапты мамандар, қалаға жақын аймақтағы елді мекендердің де бас жоспарын облыс әкіміне көрсетті. Қай жерде қандай құрылыс жүргізіп, қай саланы қарқынды дамыту керектігіне тоқталып өтті. Облыс аумағының ғарыштан түсірілген суретін көпшілік назарына ұсынды. Осы ықсандарға орай құжат дайындауға екі жылдай уақыт кетіпті. Демографиялық ахуал бойынша 2035 жылға қарай қала тұрғындарының саны 240 мыңға жетеді деген үміт бар. Соған орай келбеті көркі қаланың аумағы да кеңейеді. Сол себепті әлеуметтік ықсандар санын арттыру да басты назарда.

Қаланың қай аумағына тұрғын үй салынады, қай жерден қандай ғимарат бой көтереді?! Мәдени ықсандарды қаланың қай тұсынан салуға болады?! Кәсіпорындарды орналастыру сонымен қатар саябақ, санөн қалыптастыру. Экономикалық, әлеуметтік, туристік, жалпы айтқанда мәдени тұрғыдан қала келбеті қандай болуы керек осының бәрін басты жоспар қылған «Урбостиль» компаниясы. Жаңа жобаны таныстырған аталмыш ЖШС-нің директоры Любовь Ықсанбаева қалада мәдени орталықтар салынуы тиіс екенін айтып өтті. Қазақстан сәулетшілер одағының президенті Ақмырза Рүстембеков пен Қазақстан Республикасының құрметті сәулетшісі Сайран Фазылов облыс басшысына ықсандардың эскиздік жобасын таныстырды. Эскиздік жобаны көріп, қандай сәнөн, қай форманың болуы керек екенін таңдап берген өңір басшысы сәулетшілерге сәттілік тіледі. Құрылыс ықсандарына қолданылатын материалдарды да көзімен көрген басшы, сапалысын алу керектігін ескертті. Жалпы, құрылыс жұмысы қатаң қадағалауда болатындығын қадап айтты. Алдағы уақытта ағын осы жылдың төңірегінде облыс әкімдігі ғимаратының және әкімдік алдындағы сүбұрқақтың толығымен жөндеуден өтетіндігін құлағдар етті.

Міне, жаңа жоба жаңғырығы халыққа жетіп, облысымыздың бас шаһары болашақтың қаласы болып, өлшеусіз өзгеріске енетіндігі елді қуантты. Берілген тапсырманы бөделді атқаруға тырысқан жауапты қауым қуаныштан бір-бірін құттықтап, тарқасты.





■ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Бұқаралық ақпарат құралдарының кәсіби мерекесі қарсаңында «Медиахолдинг Жетісу Ақпарат» АҚ ұжымы жаңа қонысқа бірінші болып, өңір тіршілігінің басын қосып, мазмұнды да мағыналы кездесу өткізді. Осы холдинг құрамындағы басылымдардың редакторлары және қаламы ұшқыр, ойы алғыр өңірлік тіршілер шақырылды. Баспасөздің қадірі мен беделін асыратын, бағытын бағамдайтын кездесуге облыс әкімінің орынбасары Бақтияр ӨНЕРБАЕВ, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ғалиаскәр САРЫБАЕВ арнайы қатысып, көпшілікті мерекемен құттықтап, бір топ журналисті марапаттады. Шараны аталған холдингтің төрайымы Гүлжиян СҮЛЕЙМЕНОВА жүргізіп отырды.

Жаңа қоныстағы жарқын іс

"Жетісу"
Қазет АҢДАС

Расында, журналистика – қызығы мен қиындығы мол, үлкен жауапкершілікті қажет ететін мамандық. Ал осы саланың өкілдері адам тағдыры мен қоғамның рухани ахуалын шынайы журналистік зерттеу, орамды ой, пайымды пікір арқылы тарихқа таңбалайтын жандар. Елбасының «Жарқын болашақтың қамын саясаткерлер, өткен дәуірді тарихшылар, бүгінгіні журналистер ойлайды» деген қанатты сөзі осы мамандық иелерінің күні-түні тынымсыз еңбек етіп, халық үшін қалтқысыз, адал жұмыс істейтініне қарап айтылса керек. Сондай белсенділіктің жарқын үлгісін атаған кездесуден де таптық.

Ең бастысы, кездесуде «Медиахолдинг Жетісу ақпарат» АҚ құрамындағы өңірлік газеттердің бүгінгі тыныс-тіршілігі мен атқарып жатқан игілікті жұмыстары жайында көбірек сөз болды. Ягни, медиахолдинг құрамындағы 15 аудандық және 3 қалалық газет Елбасының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмаларды бағдар етіп, «Қазақстан – 2050» Стратегиясының орындалуы мен бес институттық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» атты ұлттық жоспарды іске асыруды жүйелі насихаттап келеді. Сонымен қатар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағытын, атап айтқанда, денсаулық сақтау, білім беру, жастар саясаты, бұқаралық спорт, өнеркәсіп пен кәсіпкерлікке қолдау көрсету, халықтың рухани кемелденуі, «Нұр Отан» партиясының қызметтің де әр деңгейінде насихаттауда.

Таратып айтар болсақ, аудандық газеттер «Сайси доктрина жүзеге асырылуда», «Жарқын қадам», «Ертеңін ойлаған елдің қадамы да байыпты», «Көсіп пен несіп басшыға байланысты» сияқты Елбасы Жолдауын насихаттауға арналған мақалаларымен мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға белсене араласты. Сонымен қатар Қазақ хандығы құрылғанының 550 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы мен Ата Заңымыздың 20 жылдығына, сөз сүлейі Сүйінбай Аронұлының туғанына 200 жылдығына орай жаңа айдарлар ашты. Оларды насихаттауға арналған мақалалар басылым беттерінен жиі жарық көреді. Сондай-ақ, тіліміз назарынан тіл, дін, мемлекеттік рәміздер, жемқорлыққа қарсы күрес, дінаралық келісім, патриотизм, гендерлік саясат, тәуелсіздік тақырыптары да қағыс қалмайды. Дәсе де, газеттің безендірілуі мен шрифтідегі мәселесінде кейбір кемшіліктер де бар екен. Жаттанды тақырыпқа бой алдыру және материалдарының сапасыздығы, ұстанған бағыты мен көтерген жүгінің үдесінен шыға алмай ғылыбыр тартып, ақсап келе жатқандары да бар. Оларға бағыт-бағдар берілді.

Өңірлік басылымдардың жетістіктерімен қанықпақ облыстық «Өлке тынысы» ЖШС-нің директоры Мейрам Жанәділов, облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін, облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалым Идиров, «Жетісу» телекомпаниясының директоры Бейсен Құранбек ұзақ жылдық тәжірибелерімен бөлісіп, баспасөздің жұмысын шыратып, қаламын пысықтайтын, беделін асырып, болашағын баянды ететін батыл бағыттар ұсынды.

■БІРТҮЙЕР

** Әр өнердің, әр ғылымның өз пайғамбарлары бар, солармен кездесуге асық, бағытын айқындалып, мақсатын жақындайды.*

** Поэзиямен шұғылдандым дегенше, жұлдыздарға саяхатқа кеттім де, азабы көл-көсір саяхат таңдағансың.*

■ЖУРНАЛИСТЕР СЛЕТІ

Жігерлі, ұшқыр жас қалам

Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні қарсаңында облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Жігерлі, ұшқыр жас қалам» атты жас журналистердің Х слеті биыл да өз жалғасын тапты. Кездесуге облыстық, аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының жас өкілдері шақырылды.

Жас журналистердің еңбегін бағалап, оларға жігер беру мақсатында ұйымдастырылған шараға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ғалиаскәр Сарыбаев, «Медиахолдинг «Жетісу Ақпарат» АҚ төрайымы Гүлжиян Сүлейменова және «Жетісу» телеарнасының директоры Бейсен Құранбек қатысты.

«Жетісу» телеарнасының продюсері Гүлжан Қызайбаева облыс орталығында жұмыда бой көтерген журналистер үйіне экскурсия жасатып, телеарнаның жаңа декорациясымен таныстырды.

Кездесу барысында аға буын өкілдері тілшілер қауымын мерекемен құттықтап, ақыл-кеңестерін айтып, төртінші билік саналатын журналист мамандығын иелеңген жандардың үнемі ізденіс үстінде жүріп, тың жаңалықтарды оқырманмен бөлісу үшін талмай еңбек етуі керектігін тілге тиек етті.

– Журналист мамандығы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Барлықтарыңыз Елбасының, облыс, аудан әкімдерінің саясатын халың бұқарға дер кезінде жеткізіп келесіздер. Қызығы мен қиыны мол мамандықтың иесі атану кез келгеннің қолынан келе бермейді. Сондықтан сіздердің еңбектеріңізді ерекше бағалаймыз, – деп облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ғалиаскәр Сарыбаев қалам иелерін төл мерекелерімен құттықтап, ынтармашылық табыс тіледі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биылғы жылдан бастап жас тілшілерді қабылдау жеке өтеді. Ақиқатты ту еткен, билік пен халық арасына алтын көпір орнатқан жас журналистерге облыстық ішкі саясат басқармасының Алғыс хаты және ақшалай сыйлық тапсырылды.

Е. БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.

■АҚ ТІЛЕК

Сәулеті мен сәні жарасқан



Жер жаннаты Жетісудың басты қаласы – Талдықорған, тотыдайын түрленіп, жылдан-жылға гүлденіп келеді. Ажары нұрлы, базары сырлы бұл қалада зәулім ғимараттар бой көтеріп, күмбезін күнге сүйгізіп жатқаны қуантады. Осы орайда руханият атты мұхитқа телегей теңіз болып құйылып жатқан БАҚ өкілдері де қуаныштан құр қалмады.

"Жетісу"
Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ


Ақын-жазушылардың тілімен айтқанда: «Жұмақ мекеннің» журналистері сәулетімен сәні жарасқан, шатыры шаңқай түсте шұғыла шашар ғимараттың есігін ашты. Өкімет қолдап, ақжолтайын жолдап ат шаптырым ауласы бар, бөлмелері жарық та, еңселі журналистер ғимаратын салып беруі БАҚ өкілдеріне деген ел ағаларының ерекше құрметі іспетті. Журналистер сарайы заманауи құрылғылармен жабдықталған, көрсе көз тоятындай. Осындай ғажап Баспа үйіне, жылдың басында «Өлке тынысы» ЖШС-не қарайтын облыстық «Жетісу», «Огни Алатау» газеттері, «Медиахолдинг «Жетісу Ақпарат»» кәсіпорындық қоғамы, «Талдықорған» газеті көшіп келген болатын. Содан бері қызығы мен шыжығы қатар жүретін журналист мамандығының майталмандары бір шаңырақта еңбек етіп, бір қазанда қайнауда.

Журналистер мерекесі қарсаңында облыстық «Жетісу телеарнасы» ЖШС де қасиетті шаңыраққа орнықты.

Ақпаратты алып кемесі іспетті «Жетісу телеарнасы» келе сала жаңалықтары мен бағдарламаларын таратып та үлгерді. Осы орайда телеарна директорының орынбасары Серік Өбікенұлы: – *«Жетісу телеарнасы» ЖШС жұық арада БАҚ өкілдеріне арнап салынған сарайға орналасып қана қоймай, жұмысын да бастап кетті. Бүгінгі таңда отызға жұық бағдарлама эфирден көрсетілуде. Соның үлгідегі заманауи құрылғылармен жабдықталғандықтан алдағы уақытта ауқымы кең, айтары мол тың идеялармен тұындаған жаңа бағдарламалар көрермен назарына ұсынылмақ,* – деген қуанышты жаңалығымен бөлісті.

Жөнімен жолын тапқан жалынды жас журналистер де «Жетісу телеарнасына» елеулі еңбек сіңіруде. Айталық, тілім деп шырылдап жүрген Айман Асыл «Тіл сақшысы» бағдарламасын жүргізіп қана қоймай, өзін-дік жолына түсірді. Ана тіліне мән бермей, қате жазып, қақшиып жүрген қалталылар мен ағат кеткен қандай да бір мекемелерді сынап, ескерту жасаудан жалықпай, қатесін түзетіп жүрген қаршадай қыз. Айман Асыл журналистер күнінің қарсаңында Астана қаласында өткен «Мемлекеттік тіл және БАҚ байқауына қатысып бағдарламасы «Тіл сақшысы» екінші орынды иеленіп қайтты. Ол бағдарлама облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы ұйымдастырған БАҚ өкілдері арасындағы байқауда бас жүлдені жеңіп алған. Бұл да еңбектің нәтижесі, төккен тердің ақталғаны, журналистік қырының өзіндік сипаты.

Жетісулық БАҚ өкілдеріне арнап салынған қара шаңырақта жүзге тарта журналист қызметін атқаруда. Өркайсысы ел ертеңі үшін шырылдап шындықты айтып, мақпал түнде қалғымай, ақиқаттан өріп мақала жазып, сан түрлі түсірілімнен тынымсыз еңбек етуде. Қоғамдағы келеңсіз оқиғаны оңтайлы шешу жолында тер төгіп, бір сарайдың астында, бір қазанның ішінде қайнауы, журналист қауымның парға жұқ болар беделімен бірбіріне деген ыстық ықыластың көрінісі. Осы орайда жетісулық журналист қауымды, қасиетті қара шаңырақтағы алғашқы төл мерекесімен құттықтаймыз.





■ШӘКІРТ ҮНІ

Өз тіліңді құрметте

Алаш қайраткері, ұлт ақыны М. Жұмабаевтың «Тіл – ұлттың жаны» деген ұлағатты сөзі бүгінгі күні де өз мәнін жойған жоқ. Расында, тіл болмаса ұлт та жоқ. Елдігіміздің негізгі белгісі – осы тіл. Сол себепті оның мәртебесін арттырып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру – бүгінгі ұрпақтың парызы.

Тәуелсіздік алғанына жиырма төрт жылға аяқ басса да, неге қазақ тілі негізгі мәртебесіне ие бола алмай отыр? Оған себеп, өзіміздің жайбарақаттылығымыз ба, әлде қонақжайлылығымыз ба? Орыс тілі – ұлы тіл, ағылшын тілі –халықаралық тіл деп, өз тіліміздің қашанғы босағадан сығалатып қоймақпыз?!


Қытайда бір ғана тіл бар. Ол – ұлттық тілі. Ешкімнің бодандығында болмай, өздігімен дамыған Қытай мемлекеті ғасырлар бойы бір ғана тілді қолданды. Басқа тілді мойындамады. Соның арқасында халықтың 99 пайызы қытай тілінде сөйлейді. Америка, Францияда да бір ғана тіл бар. Бізде неге осылар сынды туған тіліміздің үстемдік құруына толық мүмкіндік бермейміз?

Кейбір қандастарымыз, оқушылар, әсіресе қала жастары қазақша сөйлеуге арланады. Осыған орай мен айтар едім, бұл жерде мәселе намысқа келіп тіреледі. Ұлттық намысы жоғары адам қалайда өз тілін үйренеді. Оның таптауын қалуына жол бермейді. Ал өзге ұлттың өкілі мемлекеттік тілде сөйлесін десек, оған қажеттілікті тудыратын өзіміз. Демек, сізге біреу орыс тілінде сөйлесе, сіз мемлекеттік тілде жауап беріп, ол кісіден де соны талап етіңіз. Өркайсымыз осылайша әрекет етсек, мемлекеттік тілге деген талап күшейіп, қажеттілік арта түспек.

Жансая БИҚҰРМАН.

■ ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ПАРАСАТ БИІГІНДЕ



БІЗДІҢ БӘКЕҢМЕН ЖАҚЫН ТАНЫСТЫҒЫМЫЗ ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫ АППАРАТЫНЫҢ ҚАБЫРҒАСЫНДА БАСТАЛДЫ. 1998 ЖЫЛДЫҢ ҚЫС АЙЫ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРҚА ТӨСІНДЕГІ ЖАҢА АСТАНАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАНЫМЫЗҒА КӨП БОЛА ҚОЙМАҒАНДЫҚТАН, ӘРІ АЛМАТЫДАЙ АРУ ҚАЛАДАҒЫ ЖАЙЛЫ ТҰРМЫСТАН СОЛ КЕЗЕҢДЕ ҚИЮЫ ҚАШЫП ТҰРҒАН ЗАМАННЫҢ БІР БЕЛГІСІНДЕЙ АҢҒАЛ-САҢҒАЛ АҚМОЛАҒА ҚАЙДАН ТАП БОЛДЫМ ДЕП, БЕЙ-ЖАЙ КӨҢІЛ-КҮЙДЕ ЖҮРГЕН БІР КЕЗЕҢ ЕДІ. ОЛ КЕЗДЕ БҮГІНГІ ӘСЕМ АСТАНАНЫҢ ЖҮРНАҒЫ ДА ЖОҚ. ЖАҢЫН ЖАУСА КӨШЕСІНДЕ БАЛШЫҚ КЕШЕСІҢ ҚАР ЖАУСА АЯЗ БЕН ЖЕЛ ҚАТАР ҚЫСЫП, ӘБІГЕРІҢДІ ШЫҒАРАДЫ. ҚАЛАҒА ЖАРЫҚ ПЕН ЖЫЛУДЫҢ БЕРІЛУІ ДЕ МӘЗ ЕМЕС. ЖҰМЫСТАН КЕЙІН УАҚЫТША ОРНАЛАСҚАН ЖАТАҚХАНАМЫЗҒА КЕЛІП, ТАМАҚ ДАЙЫНДАП, ТЕЛЕДИДАР КӨРІП ДЕГЕНДЕЙ ТІРШІЛІГІМІЗГЕ КІРІСЕ БАСТАСАҚ, ЖАРЫҚТЫҢ БІР ӨШІП, БІР ЖАНУЫ ЖИІЛЕП ЫҒЫРЫҢДЫ ШЫҒАРАДЫ.

Сондай бір сәтте алқа-котан отыра қалып әңгімелессек, бәрімізден гөй-гөйіміз бір жерден шығады. «Ойпырмай, облыс орталығы деген аты бар емес пе, неге осыншама тоздырып жіберген?» – дейміз мен қаланың сұрқай тіршілігіне көңілімнің толмайтынын білдіріп. «Одақ кезінде бұл қала дүрілдеп тұрған ел! Мен мұнда іссапармен талай келгенмін. Қазіргі Сыртқы істер министрлігінің орнында ол кезде «Москва» деген келісті қонақүй болатын, – деп әңгімені одан әрі сабақтайды Кеңес өкіметінің кезінде Қазақстанның Орталық Комитетінде жауапты қызмет атқарған Талғатбек Әмінов ағамыз. – Одақ тарап, зауыт, фабрика жабылып, жұрт жұмыссыз қалғаннан кейін балапан басымен, тұрымтай тұсымен детегідей, халық әрі-сәрі күйге түсті ғой». «Иә, мұнда өзге ұлттың өкілдері шынында да басым екен. Көшіліп есің барда елінді тап дегенді бекер ұстап, ежелгі отандарына қоныс аударып жатқан да шығар», – деп әңгімеге араласады марқұм досымыз Болат Қанатбаев. «Ендеше, олар кезінде тың игеруге келсе, біз қаланы игеруге келдік. Елбасының түпкі ойы да осы қаланы жер жаннатына айналдыру. Келешекте бүкіл Қазақстан осы қалаға қарап сап түзейтін болады», – дейді және бір досымыз Ақайдар Ысмұлы шабыттана сөйлеп. Осы уәжге бәріміз тоқтап, бәрекелді айтысып, ертеңгі күнінің қамына кірісеміз. Қайда жүрсе де қазақтың саны түгенделіп, қазақ тілінің 10 – 20 жылдан кейінгі жағдайын шотқа қағып жүретін Ақайдардың сол сөзінің бүтінде шындыққа айналғанына тәнтіміз.

Күндер осылай өтіп жатты. Қыстың беті қайтып, көктемге ілiктік. Көктем дегенің аты болмаса, Алматыдағыдай жеңіл киінің келеңдей алмайсың. Қар қалың. Аяз саябырсығанымен, ызғар бар.

Аппараттағы біз жұмыс істейтін бөлме сол кездегі Парламент үйінің ең жоғары 16-шы қабатында орналасқан. Міне, осы арада Бәкең бізбен қатарымызға қосылды.

Манадан бері Бәкең деп отырғаным атақты күміскөмей әнші, сазгер, жыршы-жазушы, аты аталса бүкіл қазақ баласы елең ете түсетін әйгілі Кенен атамыздың баласы Бақытжан Әзірбаев. Сыртынан жақсы таныммын. Жұрттың бәрі Кенен атаның баласы деп, іштей, ілтипатпен атайтынын талай естігенмін. Алматыда жүргенде кейбір басқосуларда ұшырасып қалып жүретінмін. Бірақ бетпе-бет келіп әңгімелескен адамым емес.

Енді, міне, осынау дембелше келген, қараторы, қоңқақ мұрын азаматпен қызметтес болудың да сәті түсіпті. «Шынымды айтсам, Астанаға келем деген ойым болған жоқ. Отбасы жағдайымен қоныс аударғаннан кейін жаңа астанадағы жұмыстың реті де осылай болды», – деп ақталғандай сынай танытты ол алғашқы танысқанымызда. Осының өзі-ақ Бәкеңнің қарапайымдылығын, тамыр-таныстығын болдырып, қасында қатар жүргендерге пәндана қарайтын, тіпті кейде меңсінбейтін де мінез таныттатын кейбіреулермен салыстырғанда сыпайылықтың, табиғи болмыстың шынайы көрінісіндей әсер қалдырды.

Бәкеңнің әлгінде ақтала сөйлегендей сөз терісінен түсінгенім ол кісінің үйіндегі жеңгеміз қызмет бабымен осында қоныс аударған. Оның несі айып. Бәріміз де қызмет бабымен келдік. Енді жерде отбасымызды көшіріп әкелу қамында жүрміз.

Алғашқыда маған мінез тұйықтау болып көрінгенімен, келе-келе жақын танысып, әңгімеміз жарасқанан кейін Бәкеңнің бойынан шығармашылық адамына тән әңгімені жұртты елжіретін, майын тамызып айтатын, адамның бәріне жайдары көңіл-күймен қарап, реті келген жерде жылы сөз айтып калуға тырысатын, басқа да көп жақсы қасиеттерді аңғардым. Сонын ішінде әсіресе мәмілегерлігі, адамды бір-бірімен қастастырута емес, достастырута бейім тұратын әдетін көп байқадым.

Бүгінде аппараттағы бөлімміз редакциялық-баспа бөлімі деп аталады. Негізгі қызметіміз – аппараттың іс қағаздарының қазақ тілінде сөйлеуіне қолғабыс жасау. Парламент Сенатына келіп түскен заңдардың қазақшасын қадағалап, орыс тіліндегі мәтінмен салыстырып, редакциялау, ілесіне аударма жасау. Бөлім қызметкерлерінің басым көпшілігі журналист-жазушылар. Арамызда Болат Бодаубай, Қайрат Жұмағалиев, Мади Аймамбетов сияқты белгілі ақын-жазушылар да бар.

Жұмыс барысында, кейде еңбек тәртібіне байланысты, тағы да басқа түрлі себептермен ұжымда киқылжыңдар туындап жатады. Мінеки әртүрлі адамдар тоғысқан жерде әркім өзінікін дұрыс көріп, бір-біріне дес бермей, бірінің сөзінен бірі ілік іздеп, айтысып-тартысып кететін кездер болады. Міне, сондайда екі жақты бітімге шақырып сөйлесетін Бәкеңнің уәлі үзеңгісі кейін әрадық сап тиылып, әркім өз жөнімен кетеді.

Арада бірсыпыра уақыт өткенен кейін Бәкеңмен бір бөлмеде қарама-қарсы отырып жұмыс істеудің сәті түсті. Жұмысымыз сол баяғы аударма жасау, заңдардың үстінен қарап, редакциялау.

Бұл арада менің айтпағым – жұмыс мәселесін қандай, қашан қайда, не істесеңіз де ұнатып шығу емес. Ол жағынан Бәкеңнің кәсіби журналист-маман екенін, журналистика саласына бір кездей еңбек сіңргенін жұртын бәрі біледі. Неттігі ойым – Бәкең сияқты азаматтың адамгершілік қырларын, шығармашыл тұлға ретіндегі келбетін көрсетуге талпыныс. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде Бәкеңнің ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіргеи соң өз мамандығы бойынша көптеген ұжымдарда абыройлы еңбек еткені бір төбе де, шығармашылық, жазушылық, сазгерлік қырлары өз алдына бір төбе. Олай дейтініміз – бойында жылт еткен жазушылық, басқа да өнерге бейімділігі, қабілеті жоқ адам қанша тырысқанмен, күнделікті тіршілігің күйбеңмен алысқа ұзап кете алмауы мүмкін.

Ал бүгінгі Бәкең «Қазақстан», «Қайнар», «Жалын» баспаларында, Қазақстан театр қайраткерлері одағының «Сахна» басылымында редактор, ага редактор, Әділет министрлігінде аударма бөлімінің меңгерушісі, Парламент Сенаты аппаратының редакциялық-баспа бөліминде сектор меңгерушісі болып ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек ете жүріп, орысша-қазақша, қазақша-орысша бірнеше сөздік құрастыруға атсалысқан, неше жүздеген заңдарды редакциялап, олардың қазақша жатық оқылуына үлесін қосқан көнігі аударманы, жүздеген кітаптарды ой сарабынан өткізген, қоғам өміріне белсене араласып, ондаған ойлы мақалалар жазған қаламы ұшқыр журналист. «Нұр Отан» партиясының мүшесі. «Астанаға 10 жыл», «Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» мерекелік медальдарымен және басқа да еңбегіне лайық сый-құрметке ие болып жүрген азамат. Ол сонымен бірге бойындағы шығармашылық жазушының сазгерлік өнерді ұштауды ешуақытта да ұмытқан емес.

Дүлдүлдің тұяғы

Қазақта ақын өткен Кенен деген,
Естісе атын ел-жұрт еленбеген.
Жарықтық ән мен жырды қатар өріп,
Халқына қызмет еткен өзеңменен.
Сол кісі тоқсан жасқа заманында,
Қош, қош деп о дүниеге жөнеле берген.
Бақытжан ол уақытта жап-жас жігіт,
Дүлдүлдің тұяғы еді сонына ерген.
Әке көрген оқ жонар деген бар ғой,
Көп еді көркем тілік кезі көрген.
Зерек ұл сонын бәрін ойға түйіп,
Тәкті ортаға сәтінде кезі келген.
Рухымен сырластың әкесінің,
Неше күн, нешеме айлар бейіл елден.
Өтеуіне қомақты кітап шықты,
Шежірені жалғаған тұған жермен.
Ақынға мұнан артық ескерткіш жоқ,
Ұрпағы көрінсе егер асқар белден.
Атының адал ұлы Бәкең бүгін,
Ортада жүр жарқылдап асыл берен.
Немере, шөберелер олардағы,
Қаулап өскен бүгінгі жасыл орен.
Тоғысын бір арнаға барлық тілек,
Қуаныш, шаттық күтіп келер күннен.
Жетпісін Бәкең бүгін тойлап жатыр,
Қаумалап қадір тұтқан халқыменен.
Біздағы өкше басқан тілекшіміз,
Картай деп осы әдемі
қалыңменен!

Ара-тұра Бәкеңнің әзіл-шынын араластырып: «Атақты адамның баласы болғанының кейде пайдасы мен зияны бірдей. Пайдалы жағы – көпшілік саған төленшенің көзі деп ілтипатпен қарайды, сыйластық танытады. Оған өзің де марқаясың. Ал зияны – кейде істеп жүрген жұмысыңды заяға шығаратыны бар. Қызметіңде бір жетістікке не болсаң, не болмаса жай әншейін бір қызметтен екінші бір қызметке ауысып жатсаң да «Әне, әке беделінің арқасында шалқақтап жүр деп, жағымсыздан жазықсыз әңгіме қылады. Қайтерсің. Көпке топырақ шашпайсың ғой», – дейтін бар.

Ал шынтуайтына келгенде Бәкеңді әкенің атын жамылып, жұрт көрмеген рахаттың бәрін көріп жүр деп алмайсың. Бәкеңнің орнында басқа біреу болса, әкенің атын малданып, үлкен қызметтің құлағынан ұстауына да талай мүмкіндік туды. Бірақ Бәкең табиғатындағы сол баяғы қарапайым күйінде қалды. Қарапайым деген ұғымды біреулер қарабайырлықпен шатастырады. Ойланған адам бұл екеуінің өзіндік айырмашылықтары бар екенін ұғар еді. Қарапайым дегеніміз ұлық болса да кішік бола білетін, жолдастарымен, жалпы жұртпен тіл табысып өмір сүруге бейім, кішіпейіл, көпшіл адам болса керек. Ягни, ол – көпшілктің, халықтың адамы. Бұл ретте белгілі әнші-сазгер Бүркіттің «Қарапайым қазағым» деген тамаша әні бар екенін айта кеткеніміз де орынды. Ал қарабайыр дегеніміз қарапайым болып көрінемін деп, дарақы, көзге оғаш тіршіліктерге барғанын білмей қалатын бейбақ болса керек.

Міне, мәселеге осы тұрғыдан келер болсақ, Бәкең өмір бойы қарапайым журналист ретінде еңбек етіп келеді. Оның есебіне әкенің шығармашылық мұрасын зерттеуге шығармашылық тұрғыдан келіп, «Әке рухымен сырласу», «Кенен» атты роман-естеліктерді жарыққа шығарды.

Аталған романдармен танысу барысында Кенен атаның да, оның отбасының да, соның ішінде баласы Бақытжанның да өмірін басқа қырынан көргендей әсерге боласіз. Әдетте журтшылық Әзірбаевтар отбасын үкімет алаканына салып жатады, әке өнерінің арқасында отбасы үлде мен бүлдеге оранды деп ойлайды. Ал шын мәнінде олай болмағанын Бәкеңнің романымен танысқан адам бірден байқайды.

Тегінде Кенен атамыз өмірден теперішті көп көрген адам. Шешеден жастай айырылып, бір үйде әкесі екеуі ғана қалып, аш-жалаңаш күй кешіп, күндіз-түні қой соңында жүріп ерік-жігерінің мықтылығының, қайсарлығының арқасында сағы сынбаған, қатал тағдыр шыңдаған адам.

Осы жағдай романда әкенің өз аузынан айтқан әңгімемен әсерлі баяндалады. Жаңа алаңда қозы бағып жүрін, қаға берістегі калтарыс тас түбінде талықсып ұйықтаған бала Кененнің түсіне арғы аталары кіріп, шырағым шөлдеп қапсың ғой деп, торсықты ашып, ағарғанды аузына тосады. Ағарғанды тұк қалдырмай қанып ішкен бала Кенен оянып кетсе, түсі екен. Бұл жәйтті әкесі Әзірбайға жеткізгенде, ол кісі қатты топқып, мал сойып, құдайы өткізеді. Осы оқиғаның соңы Кенекеңнің ақындығына, әншілігіне ұласып, атағы бүкіл елге жайылады. Атакпен бірге есік алдына қара-құра мал бітіп, тұрмыс түзеле бастайды.

Әрине біз романның желісін баяндауды мақсат етіп отырған жоқпыз. Айтпағымыз – өткен ғасырдың 20, 30, 40-шы жылдары заманның небір дүрбелең оқиғаларының күзгі болған, сол заманның зардабын тұнындайтын небір қиындықтарды, шырғаландарды бастан кешкен Кенен атамыз Құдай берген өнерінің арқасында халықтың арасында беделі асқақтап, елінің еркесі атанып жүрді.

Алайда, 1950 жылдардың бас кезінде жағдай күрт өзгерді. Қазақ ақын-жазушылары, оның ішінде халық ақындары да құтыпға түсіп, алды 25 жылға сотталып, қазақтың М. Әуезов, Қ. Сәтбаев сияқты данагалары Мәскеуді паналап, 1937 жылдың зобаланы қайта айналып соққандай заман орнады.

«Шынын айтқанда, әкемнің атағы жер жарып тұрғанымен, тұрмысымыз өз қатарлы бөлмей, – деп кейде сөзбен жеткізе алмайтын жеңіл жылдарды. – Отар етінен ысылған бөлтекздегі қоржын тамдардың бірін біз де мекендейміз. Басқалардан айырмашылығымыз шамалы. Жұрт қатарлы мал ұстаймыз. Ал 1950 жылы әкем бірнеше жыл тосек тартып жатып қалғаннан кейін жағдайымыз күрт төмендеп кетті. Біраз уақыт қолдағы малды талшық еткенімізбен, күндердің күнінде ол да тауысылды. Шиеттей бала-шаға, бәріміз жаспыз. Мен сонда 7 – 8 жасар баламын.

Өстіп қиналып жүргенде бір күні есіктің алдына сүлгіей қара жеңіл машина келіп тоқтады. Машинаның артқы есігінен денелі бір кісі асықпай түсіп жатты. Сонан соң бұл көріністі қызық көріп әр жерде жарбиып-жарбиып тұрған бізге – ауыл балаларына қарап, қарлығыңқы дауыспен: «Кененнің үйі осы ма?» – деп сұрады. «Осы, осы» деп шу ете түстік. «Онда үйге бастаңдар» деді әлгі кісі. Кейін білдік, бұл атақты Сәбит Мұқановтың тап өзі екен.

Сол күнен бастап бізде үйде ерекше бір әлпеш, бір үйде әкесі екеуі ғана қалып, аш-жалаңаш күй кешіп, күндіз-түні қой соңында жүріп ерік-жігерінің мықтылығының, қайсарлығының арқасында сағы сынбаған, қатал тағдыр шыңдаған адам.

Осы жағдай романда әкенің өз аузынан айтқан әңгімемен әсерлі баяндалады. Жаңа алаңда қозы бағып жүрін, қаға берістегі калтарыс тас түбінде талықсып ұйықтаған бала Кененнің түсіне арғы аталары кіріп, шырағым шөлдеп қапсың ғой деп, торсықты ашып, ағарғанды аузына тосады. Ағарғанды тұк қалдырмай қанып ішкен бала Кенен оянып кетсе, түсі екен. Бұл жәйтті әкесі Әзірбайға жеткізгенде, ол кісі қатты топқып, мал сойып, құдайы өткізеді. Осы оқиғаның соңы Кенекеңнің ақындығына, әншілігіне ұласып, атағы бүкіл елге жайылады. Атакпен бірге есік алдына қара-құра мал бітіп, тұрмыс түзеле бастайды.

Әрине біз романның желісін баяндауды мақсат етіп отырған жоқпыз. Айтпағымыз – өткен ғасырдың 20, 30, 40-шы жылдары заманның небір дүрбелең оқиғаларының күзгі болған, сол заманның зардабын тұнындайтын небір қиындықтарды, шырғаландарды бастан кешкен Кенен атамыз Құдай берген өнерінің арқасында халықтың арасында беделі асқақтап, елінің еркесі атанып жүрді.

Алайда, 1950 жылдардың бас кезінде жағдай күрт өзгерді. Қазақ ақын-жазушылары, оның ішінде халық ақындары да құтыпға түсіп, алды 25 жылға сотталып, қазақтың М. Әуезов, Қ. Сәтбаев сияқты данагалары Мәскеуді паналап, 1937 жылдың зобаланы қайта айналып соққандай заман орнады.

«Шынын айтқанда, әкемнің атағы жер жарып тұрғанымен, тұрмысымыз өз қатарлы бөлмей, – деп кейде сөзбен жеткізе алмайтын жеңіл жылдарды. – Отар етінен ысылған бөлтекздегі қоржын тамдардың бірін біз де мекендейміз. Басқалардан айырмашылығымыз шамалы. Жұрт қатарлы мал ұстаймыз. Ал 1950 жылы әкем бірнеше жыл тосек тартып жатып қалғаннан кейін жағдайымыз күрт төмендеп кетті. Біраз уақыт қолдағы малды талшық еткенімізбен, күндердің күнінде ол да тауысылды. Шиеттей бала-шаға, бәріміз жаспыз. Мен сонда 7 – 8 жасар баламын.

Өстіп қиналып жүргенде бір күні есіктің алдына сүлгіей қара жеңіл машина келіп тоқтады. Машинаның артқы есігінен денелі бір кісі асықпай түсіп жатты. Сонан соң бұл көріністі қызық көріп әр жерде жарбиып-жарбиып тұрған бізге – ауыл балаларына қарап, қарлығыңқы дауыспен: «Кененнің үйі осы ма?» – деп сұрады. «Осы, осы» деп шу ете түстік. «Онда үйге бастаңдар» деді әлгі кісі. Кейін білдік, бұл атақты Сәбит Мұқановтың тап өзі екен.

Сол күнен бастап бізде үйде ерекше бір сергіліс пайда болды. Үстіне ешкімді кіргізбей, ұзақ жыл төсек тартып жатқан әкемнің беті бері қарады. Орнынан тұрып, далаға шығатын халге жетті. Біраз уақыттан кейін ауруынан құлан-таза айығып, алып-тозып кеткен отбасының шаруасын түзеуге кірісті.

Кейін ұқсаным – Сәбит Мұқанов жоғары жақта халық ақындарының шығармашылығына, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатысты мәселе қойып, ой шешімнің қабылдануына қол жеткізген. Сол сөзақ екен біздің шаруамыз оңала бастады. Үкімет қаржысымен салынған зәулім шатырлы үйге қірдік. Әкемнің 75, 80, 85, 90 жылдық мерейтойлары республика көлемінде дүрілдеп атап өтілді.

Мұны айтып отырған себебім – әкем 75 жасқа келгенше өмірдің қиыншылығын көп көрді. Ел арасындағы өнерпаздарға кеменгер жазушы Сәбит Мұқанов сияқты қамқорлықпен қарайтын ағалы жақсылардың жігерлі әрекеті болмаса, әкемнің де, бізді де тағдырымыздың қандай күйге ұшырайтының кім білсін.

Бәкең осылай деп ағынан жарылады. Соңғы жылдардағы эссе тақырыбында қалам тербеген шығармаларында Бәкең Кенен атамызбен етене араласқан қазақтың біртуар ұлдары – Орал Жандосов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов және басқалары туралы мәлдіретіп жазды. Кеңже баласының атын ырымдап, Мұхтар деп қойды. Сол бала Астанадағы Өнер университетін сәтпіпа сынды бойынша ойдағыдай тәмамдап шықты. Атасы импровизатор – суырып салма ақын болса, немересі заман талабына сай классикалық өнерге бой ұрған сынақты.

Жоғарыда айтқанымдай, Бәкең екеуміз бір бөлмеде отыратындықтан, әңгімеміз жарасып, бір-бірімізге әбден бауыр басып кеттік. Әңгімеңің тиегін ағытатын негізінен Бәкең. Мен – тыңдаушымын. Алдасаңда дем берің, «па шіркін!» деп қойсаң, Бәкең бауыры жылыған жүйріктей қосылып, басынан өткен-кеткен оқиғаларды тамылжыта, нәшіне келтіре әңгімелеп, адамды өзіне елжіретіп жетеді.

– Бауырым, жас кезінде көп нәрсеге мән бермейді екенсің, – деді Бәкең кезекті бір әңгімелесу сәтінде. – Жас ұлғайған сайын өмірдің мәнісе, қарыз бен парызға ой жүгіртесің бе деп қалдым. Халқымыз «Әке – асқар тау» деп бекер айтпаса керек. Жасым келген сайын әке жөнінде көп ойланатын болып жүрмін. «Жастықтың әсерімен салдым сайран» демекші, сенен неси жасырамын, жігіт шағымда, тіпті қырықтың қырқасына шыққанға дейін баянының сал-серілері құсап өмір сүрішпін. Теңіздің суы тобықтан келмей, ақыл-шалқып жүретін кезімді көп болыпты. Сондай кезде кейде әкем түсіме кіреді. Бір күні түсімде Алматының көшесі екен-ау дейміп, трамвайдан түсіп келе жатып, сүрініп кетіп, шалқалай құламасым бар ма. Ой ығып жер ішкеді. Аяқ астынан ақ сақалы желбіреп, үстіне түйе жүн шекпен киген әкем пайда бола кетті. «Балам, ығып ауырып қалған жоқ па», – деп, сүйемелдей түрегелді жатыр екен. Оянсам кеш... «Қайран әке!» деп ойладым. Тірі кезде демегенді алдай, о дүниеде де жебеп жүргені жанымды тебірентіп жіберді. Содан бері әке алдындағы парызды көп ойлайтын болдым.

Ал, мейлінше, Бәкең әке алдындағы парызды ойлап қана жүрген жоқ, артығымен орындап та жүр. Әке туралы екі роман жазғанын жоғарыда айттым. Бәкеңнің өз жанынан шығарған отызға тарта әні бар. 2004 жылы «Көңіл кептері» деген әндер жинағын оқырманға тарту етті. Одан бөлек, 2011 жылы Кенен атамыздың өмірі мен шығармашылығына арналған «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильмді жарыққа шығарды, Алматы, Астана, Павлодар, Көкшетау, Қызылжар қалаларында, ақиығың туған жері Қордайда фильмнің тұсаукесерін өткізді. Екі томдық шығармалар жинағының басылып шығуына мұрындық болды. Соңғы жылдары бітірген және бір үлкен шаруасы – Алматыда Кенен Әзірбаевтың зәулім ескерткішінің бой көтеруіне қол жеткізді.

Қазақта «Тегіне тартпай ұл тумас» деп жатады. Сол айтпақшы біздің Бәкең тегіне тартып туған азамат. Әке атағының аспандауына, шығармаларының халқымен бірге жасай беруіне шама-шарқы келгенше үлес қоса күріп, өзінің адал еңбегімен, адамгершілігімен ағайын-туыс, жора-жолдастарының арасында абыройға бөленген Бәкең де жетпіс деген үлкен бір белеске көтеріліпті. Жай көтерілген жоқ. Өсіп-өнген, жапырақ жайып, жан-жағынан қаумалаған үл-қыздарымен, немере-шөберелерімен, мәуелі үлкен отбасымен көтеріліп отыр. Кенен атамыздай асылдың тұяғы, өзі де парасат биігінде жүрген ағамызды мерейтойымен құттықтап, дүдүлдің тұяғы, асылдың сынығы атанған азаматқа Алладан амандық сұраймын.

Орынбек ЖОЛДЫБАЙ,
филология ғылымдарының кандидаты.



Ата жолы өнеге

Атамыз Ахметқали Андабаев 1915 жылы Сарқан ауданының Көкзек ауылында дүниеге келген. Тамылжыған табиғаттың көктемге еліткен бір күнінде, ел жайлауға шығар шақта айналаны нұрға бөлеп, дүние есігін ашқан Ахметқали атамыз өзі туған Көкзек ауылының тал бесігіне тербеліп ержетті. Зерек, ақылды, өмірдегі ұстамымы ерекше азаматтың біріне айналған атамыз интернаттың жетінші сыныбын тамамдаған күннен бастап, өмірге нық қадам басады.

1927 жылы молданың қызы Гүлшарипамен көңіл жарастырып, шаңырақ көтерген атамыздың жағдайы кеңге жайылып, екеуінің көңілінен алты бала тараған болатын. 1938 жылы әскери борышын өтеу үшін Қызыл әскер қатарына алынған атам Фин соғысына қатысады. 1941 жылы Отан алдындағы борышын ақтап, елге оралар сәтте Екінші дүниежүзілік соғыс басталады. Алғаш Брест-Литовскіде өткен шайқасқа қатысқан атамыздың жүрегіне бір ғана арман – Жеңіс туын желбіретуарманы ұялаған еді.

Осылайша атамыз көптеген шайқасты басынан өткізеді. Соғыста үрып, екі рет ауыр жараланады. Ел үшін, жер үшін барын салып соғысқан Ахметқали атамызды мақтан етеміз. Оң пен солғы ортасында жүріп, көптен күткен Ұлы Жеңісті Кенигсберг қаласында қарсы алады. Атамыздың ерен еңбегін ескерген әскери басшылық Даңқ, «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттайды. Еліне аман-сау оралған ардагер атамыз ұзақжылы тынымсыз тірлігіне араласып, шаруашылықты қалпына келтіру жұмысына белсене қатысып, жанжары Гүлшарипа апамызбен бірге балаларын елімізді білікті де білімді азаматы етіп тәрбиелеуді.

Атамыз Ахметқали мен апамыз Гүлшарипаның өмірден өткенне бірақ жыл өтсе де ел күнге сағынышымыз басылар емес. Ата-апаларымыздың жасаған үлгі істерін, жақсылықтарын кейінгі ұрпақтың санасезіміне сіңіруді азаматтық борыш деп білемін. Бүгінде Ахметқали Андабаев атамыздың ерлігін кез тірі өкілдерімізбен ынтарымыз үнем еске салып, айтып отырады. Сондықтан атамызға ұқсап, елімізді патриоты болғымыз келеді.

Немерелерінің атынан –
Алинұр МҰРАТҚЫЗЫ.

■ ТРЕНИНГ

Психологиялық қолдау көрсетілді

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/4 мекемесінің кадр жұмысы бөлімшесінің қызметкерлері жеке құрам арасындағы әлеуметтік психологиялық ахуалды бақылау мақсатында тәрбие және психологиялық қызмет жұмыстарын жүйелі түрде жоспар бойынша жүргізеді. Сонымен қатар, мекеме жеке құрамына ұялы көпіл бөлінеді. Олардың қызметі мен жеке өмірінен хабарлар болу қызметкерлердің іскерлік кәсіпетін арттыратыны сөзсіз.

Қазіргі кезде жеке құрамның әрбір отбасына барып, олардың қызметтен тыс өмірімен танысып, кейбір қиындығы бар әріптестерге моральдық-психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетілді. Биылғы наурыз айында мекеменің ішінде орналасқан демалыс бизнесінде жеке құрамға арналған «Мен және менің ортам» атты психологиялық тренинг өткізілді. Тренингте қызметкерлер өзін ерекше танытарын, серпілу ойындарын, босаңсу әдісін бастарынан өткерді, сонымен қатар, бір-бірінє алғыс айтып, өзара тренингтен алған әсерімен бөлісті.

Д. АУБАКИРОВА,
ЛА-155/4 мекемесі кадр жұмысы бөлімшесінің инспекторы, әділет лейтенанты.
Жауапты ауылы, Іле ауданы.

■ ЭЛЕКТРШІЛЕР САЙЫСЫ

«Болашақтың энергиясы» тақырыбында өтетін EXPO көрмесіндегі міндеттерге орай облыс аумағында жалпы қуаты 24,45 МВт 8 кіші СЭС, бір күн электрстансысы және қуаты 300 МВт «Мойнақ» СЭС-і іске қосылды. Олардың қолданысқа берілуі нәтижесінде тұтынудың жалпы көлемінде жасыл электр энергиянын үлесі 16,6 пайыздан 26 пайызға дейін өсті.

Текелілік мамандар топ жарды



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Алдағы уақытта, яғни 2015 – 2017 жылдары қалпына келетін энергия көздерінің 35 жобасын іске асыру көзделген. Сонымен қатар, қазіргі уақытта бұрындары болған, кейін белгілі себептерден жұмысын тоқтатқан 79 нысан іске қосылмақ. Демек, EXPO – 2017 көрмесі аясында өңірімізде осындай жұмыстар атқарылып, облысымызда энергия тапшылығын жоюдың алғышарты қалыптасып үлгермек.

Осыған орай электрші мамандарға артылар жауапкершілік салмақты болмақ. Бұған бізде мамандар дайын ба? Олардың тәжірибесі, біліктілігі жеткілікті ме? Осы сұрақтарға Есекелді ауданы, Бақтыбай ауылындағы «ТАЭТК» АҚ-ның оқу-жаттығу алаңында өткен электр жүйелерін пайдалану және жедел жөндеу жөніндегі қызметкерлердің кәсіби жарысында жауап таптық. Оған облыс аумағындағы елді мекендерден 10 команда қатысып, шеберліктерін көрсетті. Жалпы, жарысқа қатысушыларды «ТАЭТК» АҚ президенті Серік Семейханұлы құттықтап, сәттілік тіледі.

Алты кезеңнен тұратын байқауға қатысушыларға қойылған талап та ауыр болды. Олардан электр желісіндегі ақауларды тауып, жедел іске қосу, электр тогынан зардап шеккендерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсету, өрт болған жағдайда өрт сөндіру қызметкерлері келіп жеткенше туындаған жағдайды ауыздықтау сияқты тапсырманы рет-ретімен орындап шығу талап етілді. Әрине, бұл айта салуға жеңіл болғанымен қиын тапсырманы мүлтіксіз орындап шығу оңай болған жоқ. Өйткені сәл ғана ағаттық кетсе адам өміріне қауіп төнетіндіктен, тағы бір жағынан, барлығы көз алдыда орындалатындықтан тек шеберлері ғана көздеген биікке жете алды. Нәтижесінде ұжым бойынша Текелі аймақтық электрстансысы бірінші орынды жеңіп алды. Ал Талдықорған аймақтық электрстансысы екінші, Қарабұлақ аймақтық электрстансысы үшінші орынға иелік етті. Сондай-ақ, Үштөбе аймақтық электрстансысының шебері Болатбек Рахымберлинов үздік шебер, Талдықорған аймақтық электрстансысынан Данияр Шойымбеков үздік электр дәнекерлеуші болып танылды. Енді бірінші орын иегері Тараз «ЖАРЫҚ» АҚ-ның оқу-жаттығу алаңында өтетін республикалық байқауға қатысып, өңіріміздің намысын қорғайды. Егер одан жүлделі оралса, Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Украина, Армения, Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусь, Грузия, тағы басқа елдердің қатысуымен Тәжікстанда өтетін халықаралық бәсекеде бағын сынайды. Әділқазылар бұл сынған да жерлестеріміз жеңіспен оралады деген сенімде. Аталмыш сайыста белсенділік танытқан әділқазыларға да арнайы жүлде тағайындалды.

Айта кетерлігі, бұл күндері кәсіпен көздің арасында қауіпке жетелейтін мамандыққа деген жастардың қызығушылығы артқан. Оны жарысты тамашалауға келген өңірдегі колледждерде электр мамандығын оқып жатқан студенттердің көптігінен білдік. Енді бізге кезекте сол жастардың біліктілігін арттыруға барынша көңіл аудару керек. Сондықтан жоғарыдағыдай сайыстардың жиі өтіп тұрғаны жөн. Демек, осындай қолдау арқасының кеңеюі маман тапшылығы жиі сезілетін салалардың дамуына кең жол ашылғанын аңғартады. Аталмыш сайыс сонысымен де қызықтырды.

■ РУХАНИ УЫЗ

Абай ақынның 170 жылдығына арналған шаралар жер-жерде өтуде. Соның бір парасы – С. Сейфуллин атындағы облыстық өмбебап кітапханасында «Абай – кемел ақын, кеменгер ойшыл» тақырыбында өрбіді. Кітапхана қызметкерлеріне арналған онлайн-семинар Абай атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасымен бірлесіп, ұйымдастырылды. Мақсаты – Абай шығармашылығы бойынша ақпараттық сұраныстарды қанағаттандыруда жаңа технологияларды қолдану, облыс кітапханаларына әдістемелік көмек көрсетіп, осы сала қызметіндегі озық тәжірибемен таныстыру.

Абай әлеміне саяхат

«Жетісу»
Алма ЕСЕНБАЕВА

Семинар жұмысын С. Сейфуллин атындағы облыстық өмбебап кітапханасының әдіскері Құралай Алтынбекова жүргізіп, шараға қатысып отырған кезінде Абай ақынның рухани уызы болған Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасының мамандарымен, қонақтармен таныстырып өтті. Семинарға арнайы қатысып, Абай туралы толғанысты ойын жеткізген философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Қасабек «Абайдың ұлылығы неде?» деген сұрақ төңірегінде өңгіме өрбітті.

– Абайдың ұлылығы неде? Оны бір ауыз сөзбен айтуға бола ма? Бұл тұрғыда Абайды зерттеген әдебиетшілер әртүрлі жауап айтады. Көбіне Абайдың бір жақ қырын ғана сипаттайды. Мен айтар едім, Абайдың ұлылығы – ислам дінін ғылым ретінде қ

Жетісу

№ 84 (18072)
Сенбі, 25 шілде, 2015 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

■ ШАЛҒАЙ АУЫЛДА

ШАРУАНЫҢ ЕСЕБІ ТҮГЕЛ

Қалада жүргенде ауылдағы ағайынның тірлігіне терең бойлай бермейтініміз анық. Ал жұмыс бабымен ел арасына шыққанда еңбекшіл қауымның құрыш қолдарымен жаратылған байлық пен несібені көріп, көңіл көкжиегің кеңи түседі. Бұл Еңбекші ауылының тыныс-тіршілігімен танысқанда туған ой еді.

«Жетісу»
Қажет АНДАС



Суретті түсірген Асқар КАЖЕКЕ

Расында, Алматы – Өскемен күре жолының бойындағы кең алқапқа жоның төсіп, құмдауыт топырақтың нәрімен түрлі дақылды жайқалтып, дала төсіне жан бітіріп келе жатқан елді мекен тұрғындарының ертеңгі күнге сенімі мығым. Сағат сайын сан түрлі тауар өндіретін ірі өндіріс болмаса да, ауыл және мал шаруашылығы арқылы шаруаның бар қажетін шешіп келеді. Олар қолға алған әрбір бастаманың бұл да бүйірі ток болатыны көктемде-ақ белгілі болыпты. Өйткені ауа райының сан құбылған сипатын қалт жібермейтін көнекөз қариялар мамыр мен маусым айларындағы күн райына қарап, қой жылының дәнді дақылдардың берекелі болатынын болжаған. Өзі жас болса да, шаруа қамында үлкендердің ақылымен есептесіп отыратын Еңбекші ауылының әкімі Ардақ Тоқтабаев *(суретте ортада)* ауылдастарын өздеріне қарасты құнарлы жерлерге майбұршақ, мақсары, жоңышқа егуге ынталандырыпты.

Иә, Еңбекші ауылы аудандағы егістік алқабының көптігі жағынан алдыңғы орындарда тұрмаса да, бар алқапты өңдеп, берекесін арттыруда басқа елді мекеннен мойны озық. Жыл сайын ауыл еңбеккерлері 1800 гектарға жуық жерді өңдейді. Өткен жылы бір ғана майбұршақты 1250 гектар жерге егіп, әр гектарынан 20 центнерден жоғары өнім жинап, шаруаның қалтасын қаржыға толтырыпты. Басқа дақылдардың да кірісі жаман болмапты. Осыдан қаржы көзі қара жердің қойнауында жатқанын сезінген диқандар бишігі көктемгі егіс науқанына мықты дайындықпен кірісіпті. Қыс бойы ауылдағы 35 техниканы көктемгі егіс жұмысына дайындап, тұқымның жаңа сорттын қарастырыпты. Сондай-ақ, көктем шыға «ҚазАгрокаржы» АҚ арқылы несиеге 5 жаңа техника сатып алыпты. Мықты дайындықтың арқасында биыл 1503 гектарға майбұршақ, 110 гектарға мақсары, 50 гектарға арпа аралас жоңышқа, 30 гектарға жоңышқа егіп, ел ырысын арттыру қамында. Бұл шағын ауыл үшін аз жетістік емес. Ең бастысы сол еңбекті еш кетірмей, егісті өз деңгейінде күтіп-баптап, төгіп-шашпай жинап алуда.

Ауыл әкімінің бастауымен егістіктерді аралаған кезде дақыл шығымының жақсы екендігіне көз жеткізіп, көз алдымызда көлбеп жатқан егістікте еңбек етіп жүрген еңбеккерлердің ширақ қимылына риза болдық. Әсіресе, майбұршақ еккендердің көңілі ток көрінеді. Бір қуанарлығы, ауылдағы 23 шаруа қожалығының бәрі де осы дақылды егіпті. Сол қатарда майбұршақтың «Декабит» тұқымын молынан еккен «Мұрат», «Алакөл Рабига», «Ербол» шаруа қожалықтары күздегі жинар мол өнімнен үмітті.

– Ауылымыздың жер жағдайына үйлесімді болғандықтан жерлестеріміз жыл сайын майбұршақтың «Декабит» тұқымын таңдап алады. Оның үстіне биыл күн жылы, жауын-шашын аз. Бұл да майбұршақтың өсімін еселей түсті. Сондай-ақ, ауылымыз өзен ағарына орналасқандықтан судан тарықпайды. Қай қырынан келсек те, қой жылының момақан мінезі шаруаға жайлы болып тұр, – дейді ауыл әкімі.

Ауыл басшысынан білгеніміздей, алдағы жұмыс жоспары да ауқымды. Сол қатарда жермен айналысатын ағайынның мемлекеттен төленетін демеу қаржыны уақытында алуына ықпал ету, техникаларды жөндеу жұмыстарын қадағалау, күзге қарай алынған өнімнің шаруаға тиімді бағамен сатылуына жеңілдік қарастыру сияқты көкейтесті міндеттер тұр. Десе де, Еңбекші ауылына әкім болып келген екі жылда ерен еңбек, жалынды істерімен ел сенімне де болып үлгерген Ардақ Тоқтабаевтың басшылығымен ауылдастар әлі талай табыс биігінен көрінетіндігіне сенім аттадық.

Еңбекші ауылы, Алакөл ауданы.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Манапов Қобылан Төкбергенұлы** Алматы облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары болып тағайындалды.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ





■ СЕЛЕКТОР

Алматы қаласы Наурызбай ауданының аумағында 23 шілдеге қараған түнде сел жүргені белгілі. Қарғалы өзеніндегі су деңгейінің көтерілуіне байланысты Алматы қаласының Қарағайлы және Тәусамалы шағын аудандарының бір бөлігін су басып, үйлер зардап шекті. Соған байланысты облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат БИГЕЛДИЕВ селекторлық кеңес өткізді. Жиын барысында тиісті аудандар басшыларына тікелей эфир арқылы тапсырмалар жүктеді.

Ел тыныштығы басты назарда

«Жетісу»
Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Селекторлық кеңесті жүргізген облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат Сәдуақасұлы:

– Соңғы 5-10 күндікте Алматы қаласында климаттың өзгеруіне байланысты тіқұшақтан Іле Алатауы сілемін аралап өрдік. Сондай-ақ, Қарасай, Еңбекшіқазақ ауданының жайкүйімен таныстық, бәрі де бақылауымызда. Аудандық, басқа да штаттық мекемелер жұмыс жасап жатыр. Алматы қаласында болған сел тасқынына қарсы облыстың төтенше жағдайлар басқармасы, облыстық ішкі істер басқармасы, облыстың әкімшілік болып түгімен жұмыс жасадық, – деп баяндай келе сел жүруге байланысты қанқу сөздермен елді дүрліктіруге болмайтынын жеткізді.

Облыс әкімі Амандық Баталовтың тапсырмасымен өткен кеңесте мәселелер жан-жақты талқыланып, аудан әкімдеріне тапсырма берілді. Ауа райының өзгеруіне байланысты тамыз айының күн райы болжанып, облыс басшысының қолына тиген. Сол ақпарат арқылы аудандардағы өзендердің су деңгейінің көтерілуі, су тасқыны секілді апаттарды болдырмаудың жолы қарастырылды. Махаббат Сәдуақасұлына тікелей эфир арқылы аудандар мен қалалардың басшылары есеп берді. Сондай-ақ, облыстық ТЖД-ның бастығы Сәбит Витаевқа Витаев жасалып жатқан сақтық шаралары және апат зардабын жоюға жұмылдырылған мамандар мен техниканың саны жөнінде мәлімет берді. Осы жерде Махаббат Бигелдиев облыстық ТЖД-ның бастығы Сәбит Витаевқа тіқұшақ арқылы облыстың барлық өзендері мен бөгеттерін қадағалауды тапсырды.

Жалпы, өңірімізегі өзендерде судың көтерілуі орын алып жатыр.

Қарасай ауданында Ақсай, Қаскелең, Шамалған өзендері, Талғар ауданында Талғар, Қотырбұлақ, Еңбекшіқазақ ауданында Есік, Түрген, Шелек өзендері бар. Іле ауданына Қаскелең өзені барып тіреледі. Панфилов ауданындағы Шежін, Қоргас, Өзек, Тышқан, Сарқандағы Аксу, Вүйен, Сарқан өзендері, Алакөлдегі Тентек, Тоқты, Жамбылдағы Қарғалы, Қопа, Бұлақ, Қайнар, Райымбектегі Кеген, Шелек, Байпиқол, Нарынқол, Көксудағы Көксу, Мұқыры, Талдықорғандағы Қаратал сынды өзендердің бәріне бүгінгі күні бақылау жүргізіліп отыр.

Селекторлық кеңестің басты мақсаты – өңіміздегі аудан басшыларының қауіп-қатердің алдын алып, сақтық шараларын қалай жүргізіп жатқандығын тексеру. Тосыннан болар табиғи апаттардың алдын алу жайын жіті қадағалап, халықка тілгіз жау туралы құлақтандыру жіберіп, сел тасқынынан абыржыған елді сабырға шақыру.

■ ЖЕМШӨП ДАЙЫНДАУ

Көктен жауып, жерден өнген



Ескелді ауданындағы «Тайжанов Әли» шаруа қожалығында бүгінгі таңда шөбі шүйгін, суы мол жайлау төсінде 100 жылқы, 70 ірі қара, 500-ге тарта қой-ешкі семіртілуде. Осы мал басының қоңын түсірмей, қыстан шығынсыз алып шығып, өз төлі есебінен көбейтуді мақсат тұтқан шаруашылық ұжымы қазір жемшөп дайындауды ұйымшылдықпен жүргізуде. Мұнда 25 гектар танаптың жоңышқасының бірінші шабыны қысқа мерзімде аяқталып, құрғатылған шөп тайлап буылып, 50 тонна жоңышқа жиналып қойылды.

Бұл күндері пішенші-механизаторлар Нұрбақыт Құрметбек, Қанат Қойшынов, Амангелді Батырбаев, Жанарбек Найман 150 гектар табиғи шабындыққа шалғы салып, күніне 10-15 гектар жердің шөбін шауып, ауа райының қолайлы жағдайын тиімді пайдалануға атсалысуда. Соның арқасында, табиғи шабындықтан 30 тонна пішен өзірленіп, маяға салынды.

Аталмыш шаруашылықта 50 гектар бидай мен 50 гектар арпаның шығымы да, малды қосымша азықтандыруға қосқа жем қорының да мол болатынына сенім ұялатуда.

Шора БАТЫРБАЕВ,
Ескелді ауданы.

■ ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Құрылыс қарқын алды

Өткен оқу жылының соңында Лепсі ауылындағы Ушинский атындағы орта мектептің спорт залы сыр берген болатын. Төбесі жарылып, оқушыларға қауіп төнін тұрғандықтан оқу ғимаратының жоспарда тұрған күрделі жөндеуі жеделдетілін, құрылыс жүргізу мүмкіндігін "Темірқазық-стройпроект" ЖШС тендерден ұтып алған еді.

Жұмыда аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков арнайы іссапармен Лепсіде болып, облыстық білім басқармасының басшысы Дәулет Базарқұловамен бірге күрделі жөндеудің бүгінгі барысын сын тезінен өткізді. Құрылыс серіктестігі жөндеу жұмысына 90-нан астам маманды тартып, шексіз сыртқы әрлеу жұмыстарына кірісіп кетіпті. Ғимараттың үш қабатында бірдей құрылыс жұмыстары қарқын алуда.

– Біз бұл құрылысты межеленген мерзімде аяқтаймыз. Арнаулы мамандарды өзімізбен алып келдік, жұмысшылар арасында жергілікті құрылысшылар да аз емес, – дейді жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің директоры Кенжебай Құсайынов. – Біз бір күнді де бос жібермеуге дағдыланғанбыз. Жұмысымызға сапаға шынайы көңіл аударамыз.

Аудан басшысы мен облыстық, аудандық білім бөлімдерінің жетекшілері құрылыс жұмысының мерзімінде атқарылуына ризашылық білдіріп, өз ұсыныстарын ортаға салды.

Жомарт ИГІМАН,
Сарқан ауданы.

■ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

Мәнді де сәнді өтуде

Жаркент өңірінде оқушылардың жазғы демалысын жаңжақты тиімді ұйымдастыру жыл өткен сайын жақсарып келеді. Мұны біз Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы Панфилов аудандық комитетінің төрағасы Мақсатбек Тұрлыбековтың айтқан айлақты ұйғесінен де аңғардық.

«Жетісу»
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Жазғы демалыс лагерінде демалу ауданның әр тараптан жиналған оқушыларының бір-бірімен танысып, достасуы мен өткен жылдарда «Қарлығашта» бірге болған ескі таныстардың қуана қаушып, сағынысып табысқаны да байқатады. Көңілді каникулда көңілдері көлдей толқыған жасөспірімге бұдан асқан қуаныш бола қоймас.

Өңірдегі 30 мектепте 1250 балаға спорттық-сауықтыру, 23 мектепте 430 оқушыға палаталы, 12 мектепте 208 жасөспірімге эскери-патриоттық лагерьлер ұйымдастырылған. Жаркент өңіріндегі «Көктал-Арасан» балалар шипажайында 260 оқушы жалпы білім беру қорының есебінен демалып, денсаулығын түзетуде. Жалпы жоспарлы дайындықтан байқағанымыз, жазғы демалысы мәнді әрі сәнді өтуде.

Панфилов ауданы.



■ ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

«Адам бақытының 100-ден 90 пайызы денсаулығына байланысты...» деген тәмсіл бар. Оның дұрыстығына ешкім күмән келтіре қоймас. Сондықтан елімізде медицина қызметін жақсарту бағытында көптеген ит бастама жүзеге асырылып келеді. Қарасай ауданының Елтай ауылық округінде бой көтерген «Kelun-Kazpharm» (Келун-Қазфарм) жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты фармацевтикалық зауыт осы сөзімізге дәлелдей.

Бірлескен кәсіпорын

«Жетісу»
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Жалпы, Лю Гесинь басшылық жасайтын «SICHUAN KELUN PHARMACEUTRAL CO., LTD» корпорациясы Қытайда фармацевтикалық өнім шығарудың көшбасшысы ретінде мойындалған. Олардың өнімдері қазақстандық нарыққа келгелі он жылдан аса уақыт болыпты. Алайда, тауардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, логистикаға кететін шығынды азайту және дәрілердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда фармацевтикалық зауыт салу жөнінде шешім қабылданып, қажетті қаржы бөлінеді. Осылайша, қытайлық корпорация мен еліміздің азаматы – Мерей Сламұлы бірлесе отырып, 2012 жылы зауыт құрылысын бастайды. Ол үшін Қарасай ауданы Елтай ауылдық округінен төрт гектар жер сатып алынып, құрылысқа 7,5 млрд. теңге инвестиция салынған.

Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтай отырып және еуропалық GMP стандарттарына сәйкес жүргізілген заманауи зауыт құрылысы 2014 жылы аяқталып, өз өнімдерін бере бастады. Мұнда алғашында пластмасс және шыны ыдыстарға құйылған инъекциялар шығаратын екі желі іске қосылған. Бұған дейін Қазақстанда пластикалық ыдыска құйылған емдік өнімдер шығарылмағанын айта кету керек. Сондықтан, «Келун Қазфарм» бұл бағыттағы көшбасшы десе де болады. Полипропилен құтыларға құйылған дәрілер пайдалануға әрі тасымалдауға өте ыңғайлы. Сондықтан оған деген сұраныстың арта түсетіні белгілі.

Зауытта шығарылған өнімнің сапасы талаптарға сай болуына бірінші кезекте көңіл бөлінеді. Осы мақсатта Еуропадан және Жапониядан жеткізілген құрылғылар орнатылып, дәрілер қатаң сұрыптаудан өткізіліп тұрады. Атомдық-абсорбциондық спектрмен, тиімділігі өте жоғары газды және сұйықты хроматографпен жабдықталған, микробиологиялық зертханасы бар қадағалау бөлімінде 30 маман еңбек етіп, емдік препараттардың сапасына қатаң бақылау жүргізеді.

Алдағы уақытта тек сұйық инъекциялар ғана емес, түрлі антибиотиктер мен ісіктерге қарсы препараттар шығару жөнінде іске қосу жоспарланып отыр. Бұл, алдағы уақытта жылына 1 млрд. дана пластикалық, 20-млн. шыны ыдыстағы инъекция мен дәрі ұнтағын шығаруға мүмкіндік береді. Осылайша зауыт өнімдері тек Қазақстан емес, сонымен қатар Орталық Азия мен Ресей нарығына шығуға жол ашады.

«Келун Қазфарм» кәсіпорынының медициналық препараттар шығарумен қатар жергілікті тұрғындарды жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отырғаны қуантады. Мұнда еңбек ететін адамдар әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етілген. Яғни, медициналық сақтандырудан бастап, тамақтану мен тәлалыққа дейін ойластырылған. Күрделі құрылғыларды меңгеріп, кәсіби біліктілігін арттыру үшін мамандарды шетелге шығарып оқыту, жастарды жатақханамен қамтуға дейін өз шешімін тауып жатыр. Осылайша, былтыр ғана іске қосылған жаңа кәсіпорын елімізділ сыртқы импортқа деген тәуелділігін азайтып, халықты сауықтыруға өз үлесін қосып келеді.

Қарасай ауданы.

■ СЕМИНАР

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясының ұйымдастыруымен аталмыш мекеменің мәжіліс залында сыбайлас жемқорлық көріністерінің және мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі заңбұзушылықтың алдын алу жөнінде семинар-кеңес өтті.

«Жетісу»
Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

Онда ҚР заңнамаларының нормалары мен талаптарын мүлтіксіз сақтау, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту, осыған ұқсас деректерді болдырмауды қамтамасыз ету жұмыстарын күшейту, сыбайлас жемқорлық қылмысына жол берген және құқық бұзған қызметкерлердің тікелей басшыларына қатысты шаралар қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Облыстық аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары Болат Жылқыбаев сөз алып, күн тәртібіндегі мәселе мен басқосуға қатысушыларды таныстырып, жиынды жүргізіп отырды.

Семинарда ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері және «Нұр Отан» партиясының өкілдері баяндама жасап, жиналғандар пікірі ортаға салынды.

Жиын соңында мамандардың жеке жауапкершілігін, оларды іріктеу бағытындағы арнайы жұмыстардың сапасын арттыру қажет деген бірқатар ұсыныстар қабылданды.

Жетісу

№ 85 (18073)
Сейсенбі, 28 шілде, 2015 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ оң өзгерістер — 2-бет

АҚЫН АУЫЛЫНЫҢ бір перзенті — 2-бет

БАЛАНЫ БАЛАБАҚШАҒА кезекке қою тәртібі — 4-бет

▲ЖЕДЕЛ ШТАБ ОТЫРЫСЫ

АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖАЙЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Талғар қаласында облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат Бигелдиевтің төрағалығымен облыстық басқарма басшыларының, сондай-ақ, Талғар, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Жамбыл, Іле аудандарының және Қапшағай қаласы әкімдерінің қатысуымен аудандық жедел штаб отырысы өтті. Бұл басқосу облыстағы төтенше жағдайдың (сел қауіпінің) алдын алу шараларына арналды.

«Жетісу»
Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

Жиналғандар алдында сөз алған облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Сәбит Битаев, қазіргі уақытта Талғар өзенінің сол жағалауындағы жағдайдың әлі де күрделі екендігін айта келіп: *– Өзен суының көлемі секундына 5-10 мың текше метрді құрайды. Талғар бөгетінен су тұрақты жіберіліп тұрғанымен 2015 жылдың 25 шілдесі күні селден қауіпті аумақты әуеден бақылау (қазіргі уақытта бұл жұмыспен «Казселденқорғау» ММ Алматы өңірі бойынша басқармасының директоры Талғат Тәжібаев айналысуда) қауіпті әлі де толық сейіле қоймағандығын көрсетіп отыр. Қамсамот мұздығында жағалауы берік емес көлдер ретінде № 5, 6, 7, 8, 8-а көлдері саналады. Талғар өзенінің сол жағалауына үлкен қауіпті кез келген уақытта жер астынан (10 метр тереңдікте) бұзылып, 200 – 500 метр қашықтықтан жарып шығатын 4 көл тұғызып отыр,* – деді.

Махаббат Бигелдиев жедел штаб отырысының қорытындысы бойынша төтенше жағдайдың алдын алуға байланысты тапсырмалар берді. Талғар, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Іле, Жамбыл аудандарының және Қапшағай қаласының әкімдері мен облыстық ТЖД, ІІД және «Казселденқорғау» қызметкерлеріне өте қауіпті аймақтарда техникалық жабдықтар мен жеке құрамды дайындауды тапсырды.

Талғар, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Қарасай, Іле аудандарында 5 экскаватор, 5 самосвал, 2 автотиегіш, 5 бульдозер, 2 жанармай тасушы техникадан тұратын арнайы жасақ құру қажеттігімен қатар жолдың барлық қауіпті аймақтарын және көпірлі өткелдерді тексеру керектігі айтылды.

Бұған қоса Алматы облысы бойынша «Алматы Қазавтожол» АҚ-на мобильді топ құру және облыстық ішкі істер департаментіне жолдың қауіпті аймақтарын жабуды ұйымдастыру тапсырылды. Сондай-ақ, халықты төтенше жағдай орын алған жерден шұғыл көшіруге арналған техниканы әзірлеу, зардап шеккен тұрғындарды көшіретін орынды анықтау қажеттігі де айтылды.

Шұғыл штаб отырысын қорытындылай келе, Махаббат Бигелдиев қолға алынған шараларға қарамастан табиғаттың тосын апатына дайын болу керектігін айтты.

Талғар ауданы.

▲ТҰСАУКЕСЕР

БАС ЖОСПАР АСТАНАДА ҚОРҒАЛДЫ

Астанада облыс орталығы – Талдықорған қаласының жаңа бас жоспарының тұсауы кесілді. Аталған шара Елбасының хаттамалық тапсырмаларын орындау мақсатында құрылған «Астанабасжоспар» ҒЗЖИ» ЖШС ғимаратында өтті. Бұл жерге Талдықорған қаласын салудың бас жоспарымен танысу үшін түрлі министрліктер мен ведомстволардың 20-дан астам өкілі шақырылды.

Жетісулықтардың делегациясын Алматы облысы әкімінің орынбасары **Ғалымжан Әбдірайымов** пен Талдықорған қаласының әкімі **Ермек Алпысов** бастап барды. Бас жоспардың жобасын Талдықорған қаласы әкімдігінің тапсырысы бойынша «Урбостиль» ЖШС жасаған. Отырыстың басында облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Әбдірайымов жиналғандарға сөз арнап, облыс орталығының экономикалық жағынан өркендеп қана қоймай, ондағы тұрғындар санының да уақыт өткен сайын артып келе жатқанын атап өтті.

Қаланың бұрынғы бас жоспары 2000 жылдардың басында бекітілген болатын. Бүгінде онда белгіленгендердің барлығы жүзеге асырылған. Соған орай жаңа жоспар жасалынып отыр. Сәулет-жобалау ұйымының директоры Любовь Нысанбаева қазіргі кезде Қазақстан қалақұрылысшыларының одағын басқарып отыр. Ол сәулетшілер мен дизайнерлердің, жобалаушылардың арасындағы бөлгілі тұлға. Любовь Владимировна жергілікті климат, ұлттық колорит пен мәдениет жайы ескерілген жобаның басты ерекшеліктерін атап өтті.

– Талдықорған қаласы өзінің географиялық орналасуы және саяси орны жағынан Қазақстанның қайталанбас өзгешелігі, өзіндік айшығы бар қаласы саналады. Соған орай біздің ұйым тұрғындар санының өсуін, экономиканың өркендеп, жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындардың пайда болуын ескере отырып, тапсырылған міндетке кешенді түрде қарады. Жоспарда біз экология, жасыл фаунаны сақтау және сәулеттік өзгешелік мәселелеріне баса көңіл аудардық. Жаңа бас жоспар 2035 жылға дейін есептелген. Бұл кезеңде облыс орталығы тұрғындарының саны 240 мыңнан асатын болады. Қала аумағы қазіргі 7,8 мың гектардан 11 мың гектарға дейін ұлғаяды, – деп атап өтті баяндамашы.

Жобада бірнеше мәдени ғимарат – театрлар, цирк пен зообақ қарастырылған. Тұрғындар арасындағы бұқаралық спортты дамытуға көңіл бөлініп, облыс орталығының әр ауданында дерлік жүзу бассейндерін, спорт кешендерін, роликпен сырғанауға арналған гүлзарлар салу жоспарланған. Жобалаушылар соңғы жылдардың жаңалығын – велоспортты да назардан тыс қалдырмапты. Яғни Талдықорғанда жақын арада велотрек салынбақ. «Урбостиль» ЖШС базар мәселесін де ескеріп, мәселені осы заманғы бірыңғай сауда кешенін салу арқылы шешіп отыр.

Баяндама аяқталғаннан кейін министрліктер мен ведомстволардың сарапшылары салалар бойынша өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды. Мәселен, Төтенше жағдайлар жөніндегі комитет басшысының міндетін атқарушы, өртке қарсы күрес қызметінің генерал-майоры Серік Әубәкіров Алматыдағы соңғы жағдайды ескере отырып, Қаратал өзені жағалауын бекіту имараттары жайлы сұрақ қойды. Бұл сұраққа Талдықорған қаласының әкімі жауап беріп, аталған имараттардың қаланың жаңа бас жоспары бекітілгенге дейін салына бастағанын, дегенмен олардың жаңа бас жоспарда да қарастырылғанын айтып өтті. Орталық органдардың өкілдері мәдени құндылық саналатын тарихи нысандар, транспорт пен логистика мәселелері жайында да бірнеше сұрақ қойды.

Қазіргі уақытта Өскемен қаласына дейін созылған Алматы – Талдықорған автомагистралі құрылысының қызу жүріп жатқандығы белгілі. Сонымен қатар тамыз айының басында облыс орталығында «Air Astana» мен «Qazag air» авиакомпаниялары ұйымдастырған Астана – Талдықорған және Алматы – Талдықоран – Астана авиарейстері ашылады. Бұған қоса Алматы – Талдықорған – Алматы теміржол қатынасын қамтамасыз ететін теміржол вокзалын қайта құрылымдау да ойластырылып отыр.

Жалпы алғанда министрліктер мен ведомстволардың өкілдіктері бас жоспар жасау бойынша атқарылған ауқымды жұмыстарды атап өтіп, оң бағаларын берді. Ендігі кезекте Талдықорғанның басты қалақұрылысы құжаты ел Үкіметінің алдында қорғалу үшін министрліктермен келісілуі қажет.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.





▲ЕЛ ИГІЛІГІ

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА

Облыс орталығындағы жаңадан салынған ғимараттардың саны артқан сайын қысқы жылыту маусымындағы бар жауапкершілікті арқалайтын жылыту мекемелерінің жұмысы да салмақтана түсті. Десе де, қалалықтар жыл сайын қытымыр қыстан қысылмай шығып келеді. Жұртты елеңдетер қандай да бір тосын оқиғаны осы күнге дейін көрген де, естіген де жоқпыз. Сол үшін жылыту мекемелеріндегі жұмыскерлерге ризашылығымыз көп.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Десе де, қысты күнгі жылу құбырларының себебінен туындайтын апат пен шырғалаң көпшілікті көп шығынға батыратыны анық. Сондықтан, жаз айларында жылу құбырларын жөндеуден өткізіп, көнесін ауыстырып, жаңа нысандарға жеткізілетін жылу желілерін дайындап алғанда ғана келесі көктемге алаңсыз жетуге болады. Осындай жағдайларды ескерген Талдықорған қаласындағы жылыту мекемелері жылыту маусымына дайындық жұмысын маусым айынан бастап кетті. Қазіргі таңда қаладағы жылу қазандықтары мен тозығы жеткен жылу құбырлары жөндеуден өтіп, жаңа жылу желілері жоспарға сай тартылуда.

Осы ретте біз қаланы жылумен қамтамасыз ететін «Басқуат» қазандығының жұмысымен танысуды жөн көрдік. Сонау 1980 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан бұл мекеменің тәжірибесі мол. Олар жыл сайын көктем шыға қазандықтың жұмыс барысын тексеріп, кемшілігін түзеп, тозығы жеткен немесе қуаттылығы төмен жылу қазандықтарын алмастырып отырады. Қазір мұндағы №4 су қазандығы күрделі жөндеуден өтуде. Ал қалған 3 қазандықта ағымдағы жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Жаз мезгіліндегі көпқабатты тұрғын үйлердің жылы судан тапшылық көрмеуі ескерілп, 1 су жылыту, 1 бу қазандығы жұмыс жасап тұр. Күн суытқан жағдайда қалғандары іске қосылады. Аталған жылыту қазандығының басшысы Дияс Тазабековтен білгеніміздей, олар өздеріне тән жылу қазандықтарын шілде айының басынан бастап тазалау, қайталай жөндеуден өткізу жұмыстарына кірісіпті. Қазір 4-ші су қазандығын күрделі жөндеуден өткізу жұмысы аяқталу алдында. Алдағы уақытта 1-ші және 3-ші су қазандығы бойынша күрделі жөндеу жұмысын жүргізбек. Ол да жылыту маусымы басталғанша аяқталады деп күтілуде. Өткен қыстағы жылыту маусымын еш кедергісіз өткізген олар биылғы қыс қанша қыспаққа алса да қалалықтарды тоңдыра қоймаймыз деген сенімде.

Айтпақшы, қазір Біржан сал, Жамбыл Жабаев, Ғали Орманов көшелеріндегі тозығы жеткен жылу жүйелері жаңартылуда. Биылдық-қа шаһарда 170 шақырым жылу құбыры ауыстырылуы тиіс. Сондай-ақ, Қаратал ықшамауданына жаңа жылу құбырлары тартылады. Ал Талдықорған қалалық ТҮКШ бөлімінің мамандарынан білгеніміздей, жаңадан салынған үйлер мен ғимараттар санының артуына байланысты тозығы жеткен құбырларды ауыстыру мен сыйымдылығы төмен құбырларды үлкейту жұмыстары да қолға алынған. Сол мақсатта көлемі 219 мм көне құбырларды алып тастап, оның орнын 426 мм құбырлармен ауыстыруда. Сондай-ақ, аталмыш мекеме қажетті отын-кәмір қорын жасақтау жұмысын да күн сайын бақылауда ұстап отыр.

Қысқасы, Талдықорған қаласы жылыту маусымына 85 пайызға дайын. Демек, алдағы бір-екі айда қалған жұмыстар жоспардағыдай орындалып, тұрғындардың қыстан қысылмай шығуына мүмкіндік бермек.



Сурет түсірген А. ҚАЖЕТ.

▲ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

ЖОЛ ЖОБАСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Жуырда Үштөбе селолық округіне қарасты Сарыбастау ауылында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобан құрылысының «Ұзынағаш – Отар» учаскесінің жобасын жасаушылар мен тұрғындар арасында қоғамдық тыңдау болды. Оған үштөбестықтармен қатар аумағынан жаңа жол салынатын Самсы, Беріктас, Ақтерек ауылдық округтерінің әкімдері, аудандық автомобиль жолдары, жер ресурстарын басқару және жерге орналастыру бөлімдерінің басшылары қатысты.

Жолдың аталған бөлігінің жобасын «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясының тапсыруымен «Қазжолжоба» ЖШС әзірлеуде. Осы ұйымның Астана мен Алматы қалаларындағы өкілдері, жол бөлімінің бастығы В. Анисимов, бас инженерлер С. Тюляев пен И. Кулинов өздері дайындаған сызбалармен жұртшылықты таныстырды. Мұндай құрылыстың ауыл тіршілігіне оң ықпал ететіні, әрине, құнарлық жағдай. Жол бойында салынатын төрт демалыс алаңындағы неше түрлі қызмет көрсету орындары ауылдықтарға жаңа мүмкіндік бермек. Десек те, тұрғындарды әсіресе жолдың қауіпсіздік жағы алаңдататыны байқалды. Авлдама, айналма, жол астынан салынатын арнайы өткелдердің көлемі, жиілігі туралы сұрақтар қойылды. Мал айдап өтетін және егістікке барар комбайн, трактор сияқты ауылшаруашылық техникаларын өткізетін жолдасты көпірлерінің кең әрі қажетті деген аумаққа орналасуы шаруа адамы үшін маңызды.

Жобалаушылар келешекте әрбір бес шақырым сайын мал өткелі болатынына сендірді. Дикандар мен малшыларға қолайлы деген осындай тұстар ескеріліп, ұсыныстарға сәйкес жобаға түзетулер енгізілетін болды.

С. ӘШІМБЕКҰЛЫ.
Жамбыл ауданы.

"ЖЕТІСУ"- ақпарат

ЕЛІМІЗДЕ

Әлемдік нарықтағы жоғары баға

Қазақстан мұнайы әлемдік нарықта жоғары бағамен сатылуда. Бүгін Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында журналистер сауалына жауап берген Энергетика бірінші вице-министрі Ұзақбай Қарабалин осылай мәлімдеді.

«Қазақстанның мұнайының экспорттық бағасына келсек, қазіргі күні бұл барреліне шамамен 54,3 долларды құрайды. Жалпы мұнай сатылғанда мұнайды тасымалдау шығынасына сейкес, бекітілген бағадан кәп мөлшерде төмен түсіруге рұқсат етілмейді. Бұл бақылауда тұрады. Сол тұрғыдан алсақ, Қазақстанның мұнайы қашанда жоғары бағамен кетіп жатыр», – деп атап өтті Ұзақбай Қарабалин.

Бұдан бөлек, вице-министр «ҚазМұнайГаз» компаниясы өзіне тиесілі жаңар-жағармай стансаларын жекеге сатады» деген ақпаратқа да түсінік беріп өтті.

«ҚазМұнайГаз» акционерлік қоғам болғандықтан, мемлекет қазынасының қаруындағы қоғам. Сондықтан олардың шешім қабылдаған жатса, бұл нарыққа әсер етіп, елде жанармай тапшылығына ұшыратпайтын болса, бұл олардың өздерінің құқы болып табылады. Дегенмен, бізге қазір ондай ақпарат түскен емес. Мәселе қойылса ол үкімет орындарында да талқыланып қаралуы тиіс». – деді Ұ. Қарабалин.

ҚАЛАДА

Мәртебелі білім шаңырағы

«Білімнің патшасы болмақ үшін, дайындықтың құны болу шарт» деген қанатты сөз осындайда айтылса керек. Биыл облыс көлемінде бірнеше жылдан бері білім саласынан озық көрініп, жетістіктерге жетіп жүрген Қапшағай қаласында тағы бір жарымды жаңалық жан жадыратты. Қапшағай қалалық орта мектеп гимназиясы ЮНЕСКО-ның қауымдастырылған мектептер қатарына енді.

Халықаралық дәрежедегі мектеп санатына қосылған елмен бойынша 21 білім мекемесі бар. Солардың бірі – Алматы облысында. Ол – Қарасай ауданындағы әл-Фараби атындағы мектеп гимназиясы. Бұл үздіктерге 1400 оқушы оқитын Қапшағай орта мектеп гимназиясы да қосылды. 1953 жылы ұсынылған жалпы «ЮНЕСКО-ның қауымдасқан мектептер» жобасы әлемнің 180 елдерінден 9000-нан астам оқу мекемелерін біріктіреді.

ЮНЕСКО қауымдастырылған мектебінің Қапшағай орта мектеп гимназиясындағы үйлестіруші Гүлнұр Құлжанова бұл жеңістің оңайдан келмегенін айтады.

– Қапшағай қаласындағы орта мектеп гимназиясы ЮНЕСКО қауымдастырылған мектебі мүшелігіне бір жыл кандидат болды. Жоспарланған іс-шараларды өте жоғары дәрежеде атқарды. Халықаралық, республикалық жарыстарға белсене қатысып, оқушыларымыз жүлделі орындардан көріне білді. Тынымсыз, жүйелі еңбектің арқасында сертификатқа ие болдық. Бұл – біз үшін мақтаныш, үлкен мәртебе, – дейді.

Мектеп директоры Сәуле Нұрсұлтанова мен ұстаздар қауымы білім мен біліктілікті қатар ұстап жүріп, шәкірттерінің биікті бағындыруы үшін беріп жатқан терең білімдерінің нәтижесін көріп жүр. Ертеңге деген сенімдері айқын, талап күшті, бағыт бекемді.

АУЫЛДА

Жарлыөзектегі жарыс

Салауатты өмір салтын ұстанған Көксу ауданындағы Жарлыөзек ауылының имамы Едіге Төлеуішов жыл сайын футбол додасын ұйымдастырып келеді. Аталмыш басекенің дәстүрге айналғанына биыл он екі жыл. Өу баста, Еркін Нұрғабылұлы ұйымдастырған дода жыл санап ауқымы кеңіп, оған қатысатын командалардың да қатары көбейген. Негізі ауыл балаларынан құралған.

Жаздық демалысты босқа өткізбей, бір уақыт спортқа да көңіл бөліп, ауыл спортының дамуына бір кісідей атсалысуда. Еркін ағамыздан кейін дәстүрлі жарысты қолға алған Едіге имам ауыл балаларының қызығушылығын арттырғаны көпке үлгі боларлықтай. Тіпті, титтей балаларды футбол алаңына әкеп, балмұздақ таратып, ойынға деген құштарлығын ашуда. Балмұздаққа маз болған балғын футболшылар ала допты ұрлықша кіріп, жанкүйерлерін қуантып келеді. Гол соққандары алаңды айнала жүгіріп, шаттық көңілін құдды кәсіби футболшы секілді білдіруде. Мұны көрген біздер қуанып қалдық. Бір өттеген-айы, ауылдық округте спорт өдіскерінің алаң маңынан табылмағаны өкінішті. Жастардың қасында, жасыл алаңның бел ортасында жүретін мемлекет қызметкерінің қандай жұмыс тындырып жатқанын біз біле алмадық. Әдіскердің негізгі міндеті ауыл спортына жол ашу және өз округінде осындай жарыстарды ұйымдастыру емес пе? Иә, ол белек еңгіме.

Сонымен ауылдағы додаға ауыл балаларынан құралған алты команда қатысты. «Мұқаншы», «Мұсабек», «Ерғалиев», «Сейдіғожанов», «Құндақбаев», «Байжұмонов». Бұл командалар бір-бірмен шеберлік байқасты. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы осы турнирде «Мұқаншы» командасы жеңімпаз атанған болатын. Биыл да алдына жан салмаған команда оқ бойы озық келеді. Әр кездесуінде қоржынына үш ұпайды оңғалаған «Мұқаншы» командасы биыл да жеңілдіп атанды. Екінші орынға «Мұсабек» командасы тұрақтаса, «Ерғалиев» үшінші орыннан көрінді. Жарысқа қатысқан басқа командалар да сыйлықтан құралақан емес. Жеңімпаздар 1қыркүйек – Білім күні салтанатты түрде марапатталатын болады.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

«СЕРПІН» - жастарға сервіліс әкелген жоба 2-бет

«ҮШТӨБЕ - АЙДЫННЫҢ» еңбек айдыны 2-бет

ЖЕМҚОРЛЫҚ - қоғам дерті 4-бет

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Жетісу

№ 86 (18074)
Бейсенбі, 30 шілде, 2015 жыл.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Қазақстан 2050



ӘЛЕМГЕ ЕСІК АШҚАН КҮН

Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке қабылданды

Астаның ғана емес, Алаш жұртының айбарын асқақтатқан айшықты жаңалық орын алды. Ұлы даланың төсінде Мәңгілік ел болып қалуды мұратына айналдырған ұлттың тарихында. Ол – Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке қабылдануы. Дүйсенбіде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Дүниежүзілік сауда ұйымының қазақ елін өз қатарына ресми қабылдау шарасына қатысу үшін аталған ұйымның штаб-пәтері орналасқан Швейцарияның Женева қаласына барды. Бұл тарихи сәт Ұйымның қатарына 162-ші ел болып қосылған Қазақстан үшін ең елеулі де ерекше оқиғаның бірі болып қалмақ.

Жалпы Швейцарияның бүгінгі келбетіне қарасақ, атам қазақтың «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» деген теңеуіне әбден лайық ел. Тыныштығының арқасында мұрысының да шалқып тұрғаны мәлім. Әсіл, береке бейбіт елде болатынын ескерсек, он миллионға да жетпейтін халқы бар Швейцария әлем жұртының қаржысы шоғырланған алтын қазына іспетті. Басқаны айтпағанның өзінде Қазақстанның да «мәнге» деген миллионерлерінің қаржысы сақталған «алтын қор» да осы елде. Яғни, бұл ел қаржы сақтаудың сенімді мекеніне айналып отыр деген сөз.

Әлкисса, жоғарыда айтқанымыздай берекенің бейбіт елде тұрақтайтынын ескерсек, қазақ ұлысының да Айы оңынан туған жұрт екені ешқандай дәлелдеуді қажет етпейді. «Бұрыс алды – ынтымақ», – деген бабалар аманатын бойтұмарына айналдырған халқымыз ырыс-құттың барлығы тыныштықта ғана тұрақтайтынын әдекідан айтып кеткен. Осы жолдан айнымағанымыздың айқын белгісі Қазақстан бұл күнде бейбітшілікті бесігіне айналып үлгерді. Тізбелеп қайтеміз, қайбір саяси топтардың елімізде жыл сайын өтіп жатқан әлемдік түрлі баскөсулерды түкке алмасын деп бағалағанда соңының қайырлы болуын тілегендер оң нәтижеге қол жеткізіп, Отанымыздың ошағының түтіні түтү шығып жатқанын мойындық. Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуымыздың өзі де дер кезінде жемісін берген жетістігіміздің бірі. Сонымен, 2015 жылдың 27 тамызы күнтізбеден түспейтін тарихи күннің бірі болып қалмақ.

Швейцарияның Женева қаласы. Қазақстанның әлемге есігін ашқан күні. Небір алып мемлекет назарын салып отырған баскөсуда тәуелсіз Қазақстанның айбарынан жел есті. Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісім ретінде 50 жыл әрекет етіп келген ұйым 1995 жылдың 1 қаңтарында Дүниежүзілік сауда ұйымы болып қайта құрылып, халықаралық ұйым деген заңды мәртебеге қол жеткізген. Жаңа атаумен келе жатқан жиырма жылдың алдындағы жарты ғасырды қосқанда бұл ұйымға 161 мемлекет мүше болған. Дүниежүзілік сауда ұйымының ғимаратында осы ұйымның елдерді мүшелікке қабылдау жөніндегі департаментінің директоры Чиеду Осакве қазақстандық журналистермен кездесіп, баскөсуда бұл күнді Қазақстан үшін өте маңызды күн деп атап өтті.

«Биылғы жыл – ДСҰ үшін де маңызды жыл. Өткені, осы жылы біздің Ұйымның құрылғанына жиырма жыл болмақ. ДСҰ осы аралықта, яғни 1995-2015 жылдар аралығында әлемнің 33 елін өз қатарына мүшелікке қабылдаса, енді, міне, 34-ші болып Қазақстан қабылданғалы отыр. Осы жөніндегі келіссөздер үдерісін жүргізу барысында Қазақстан Президенті бұл мәселеге үлкен мән беріп, шкемділік пен дипломатиялық шеберлік танытты. Келіссөздердің әрбір сәтін қадағалап отырды. Бұл – бұрыс саясат. Өйткені, ДСҰ-ға қосылу дегеніміз – жаһандық экономикаға қосылу деген сөз. Сондықтан осынау ең экономикасы үшін тарихи сәтте ештеңені мұлт жіберуге болмайды. Осы тұрғыдан алғанда, сіздің Президенттеріңізді алыстық болжайтын көрген адам деуге болады. Менің бұлай деуімнің себебім, осының алдында ғана сіздердің елдеріңіз «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын қабылдады. Мұнда, ДСҰ-ға мүшелік жағдайында елді алға жылжыту әбден ескерілген. Қазақстанның жаһандық экономика жағдайында жұмыс істеу тәртіптері, бәсекелестікке қабілетті болу мәселесі айқындалған. Мұның өзі елдің өз ішкі жағдайында да тас түйін әзірліктерді жүзеге асырып жатқандығын білдіреді. Сіздер әлемнің дамыған отыз елінің қатарына қосылуды мақсат етіп отырсыздар. Осы мақсатқа ДСҰ-ға қосылу арқылы қол жеткізесіздер», – деді ол.

Осыдан-ақ ДСҰ-ға қосылуымыздың өзі қазақ елінің тағы бір тынысының ашылып, қарқынды даму үдерісін алға жылжытуға мүмкіндік туып отырғанын аңғаруға болады. Сонымен ДСҰ Бас кеңесінің отырысында Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі. Елбасы өзінің сөзінде ДСҰ-ға мүше барлық елдерге, ұйым хатшылығына келіссөздер барысындағы сындарлы ұстанымдары мен қолдауы үшін, сондай-ақ, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобындағы төрағалықты қолдағаны үшін Финляндия Үкіметіне алғысын білдірді. *«Егер тоқсаныншы жылдардың ортасында Қазақстан тек посткеңестік елдермен ғана сауда қатынасын жасаса, бүгінгі күні біз әлемнің 185 елімен сауда жасаймыз. Еуропалық одақ Қазақстанның негізгі экономикалық әріптесі болып табылады. Біздің саудамыздың 40 пайыздан астамы соның үлесіне тиеді. Ресей, Қытай, АҚШ. Канада және басқа да бірқатар елдер Қазақстанның сауда айналымына едәуір үлес қосуда»,* – деп атап өткен Елбасы сөзін күнтәртібіндегі негізгі тақырыпқа бұрды. *«ДСҰ аясында қаржы қызметін ырықтандыру «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру үдерісімен бір мезгілде қабатласа жүргізіледі. Өз Қазақстанның қаржы инфрақұрылымының негізіне айналады, мұнан кейін бүкіл өңірдің қаржы хабы болады деп есептейміз. Қазақстан барлық елдерді осы жобаға қатысуға шақырады. ДСҰ аясында ырықтандырылып, қолжетімді бола түсетін жоғары табысты саланың бірі – телекоммуникация. Біз шетелдік инвесторларды осы нарыққа шақырамыз. Олардың жұмысы қызметтің бағасын төмендетіп, сапасын арттыра түсуге ықпал етеді деп үміттенеміз»,* – деп Қазақстанның теңізге шығатын жолы жоқ әлемдегі ең ірі мемлекет екендігін жеткізді. Сонымен бірге: *«Біз жаһандық коммуникацияларды бір бөлігіне айналу үшін жұмыс істеудеміз. Осы мақсатта біз аса ірі нарықтарды жалғайтын стратегиялық көліктік дәліздерді қалыптастырудамыз. Соның бірі «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік жолының құрылысы. Оның жалпы ұзындығы 8 мың шақырымды құрайды. Оның 2800 шақырымы Қазақстан аумағынан өтеді. Бүгінгі күннің өзінде осы бағыттағы транзиттік жүк тасымалының көлемі 2 еседен астамға өсті»,* – деді Елбасы. Дамыған мемлекеттермен арадағы экономикалық байланыс пен қол жеткізген жетістіктер жайлы сөз қозғаған ел Президенті елімізде өтетін ең маңызды әрі жауапкершілікті шараның бірі ЭКСПО – 2017 туралы да ойын ортаға салды. *«Қазақстан өзара тиімді ынтымақтастық үшін ашық. Біздің постиндустриалдық кеңістіктегі бірінші болып ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу құқығына ие болуымыз осының дәлелдей түседі. Оның «Болашақтың энергиясы» тақырыбы энергетикалық ресурстарды үнемді пайдалану проблемасының адамзат үшін неғұрлым өткір сипатқа ие болғандығын білдіреді. Халықаралық қоғамдастық үшін «жасыл экономика» және орнықты даму қағидаттарына көшу – баламасыз таңдау. Осыған байланысты ЭКСПО – 2017 көрмесін өткізудің әлем үшін маңызы зор. Бүгінгі күні ондаған мемлекет көрме аясындағы жұмысқа өз ықыластарын біздіреді. Осы өтіп жатқан оқиға жағдайын пайдалана отырып, сіздердің елдеріңізді Астанада өтетін ЭКСПО – 2017 көрмесіне қатысуға шақырамын»,* – деді Қазақстан Президенті. Мұнан әрі Елбасы Қазақстан экономикасын жаһандық нарыққа интеграциялау бойынша үлкен жолды басып өткенімізді және мұнымен тоқталып қалмайтынымызды айтып: *«Біздің келесі қадамымыз Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен белсенді түрдегі өзара іс-қимыл әрекеттестігі болып табылады. Қазақстан мен ЭЫДҰ арасындағы ынтымақтастық бірінші кезекте Елдік бағдарлама аясында басталды. Қазақстанның осы бағыттағы күш-жігеріне сіздердің елдеріңіз қолдау білдіреді деп үміттенемін»,* – деп ұйым мүшелеріне сенім артты.

Өз сөзінде еліміз үшін ауқымды мәселелерге кеңінен тоқталған Елбасы Қазақстанның жақын арада ДСҰ нормалары бойынша жұмыс істей бастайтынын да жеткізді. Еліміздің экономикалық саласын әуелден-ақ ДСҰ бағытында жүргізіліп келе жатқанын да айта келіп, осы жылдарда бірлесе жұмыс атқарғаны үшін алғысын білдіріп, келешектегі ұйым жұмысына сәттілік тіледі.

Отырыс қорытындысында мүше елдер өкілдерінің қатысуымен Қазақстанның ДСҰ-ға қабылдануғандығы туралы хаттама әзірленді. Енді қалғаны Қазақстанның өзінің ішкі рәсімдік мәселелері. Сондықтан бұл сәтті шынайы тарихи сәт деп айтатынымыз айқын.

Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу туралы әңгіме қозғалғанда небір «түгу»-дің жеддей ескені рас. Тіпті, кейбір «көріпкелдеріміз» тұрақты дамып, адамзат өркениетінен ойып тұрып орын алып, атағы алты құрлыққа жеткен Қазақстанды тұралатудың жолы деп те сәуегейлік көрсеткені есімізде. Қараша үйдің есігін тарс жауып, тоңыңды жастанып, көрпеңді қымтай жатып, аспанға қарап армандағаннан пісіп тұрған алманың өзі келіп аузымызға түспейтіні ақиқат. Аш есігіңді. Шық сыртқа. Қара айналаға. Өзіңдей жұрт не істеп, қандай бағытта алға жылжып барады? Омарханның Мұхтары айтқандай: «Менен неге озып кетті деп қызғанғанша, мен неге қалып қойдым деп қынжылсаңшы». Сонда ғана бүтінгідей әлемнің дамыған елдері мүше болуға ынтыққан ұйымның қақ ортасынан өзіңе лайықты орын аласың. Қазақстан сол межеге қол жеткізді.

Міне, тұлпарының тұяғы Тұран даласын дүбірлетіп, ұлан-ғайыр жерді қанын төгіп, арын биік қойып жүріп қорғаған бабаларың бүтінгі ұрпағының асқан асуы мен жеткен жетістігі.

Жұматай ОСПАНҰЛЫ.

▲ҚӘСІБІ – НӘСІБІ

Еңбегі жанды

Бүгінде Алакөл өңірінің өндіріс, кәсіпкерлік саласы мықты дамып, туризмнің өлеуеті артып келеді. Бұл бәрісі ауданның, әрісі облыс бюджетінің бүйірін қомақты қаржымен толтыруда. Осы игілікті есептеуде ауданның азаматтары мен қажыр-қайратын аямағының өлеуетін арттыруға бағыштаған еңбекқыл жандардың үлесі мол. Меценат Бауыржан Оспановты айтпағанның өзінде оның жолын ұстаған, айналасына жылылық шуағын сыйлаудан жалықпайтын жандар жетерлік. Соның бірі – Үшарал қаласының тұрғыны, жеке кәсіпкер, «Тентек» шаруа қожалығының басшысы Дәулет Дүйсенбеков.

«Жетісу» үшін
Қажет АНДАС

Расында, ел арасында еңбекқорлардың ортасында жүргенде шымбайшақтай ісім шыққа балап, өзін жарнамалауға асығып тұратындарды жиі көретінбіз. Ал еңбегі есепті болса да ешкімге мақтанғысы келмейтін Дәулетпен өңгімелесіп отырып: «Өрекпіп кеуде көрсетпейтін, астым деп аптықпайтын, толдым деп шалқаймайтын қарапайым жігіттер көп екен-ау» деген ойға келдік. Оның Үшарал қаласы, Абылайхан көшесіндегі жұмыс орнындағы қызу еңбегін көріп, көңілміз тағы марқайды. Ең бастысы, қол астындағы жұмыскерлермен бірге істеп, істің ыңғайын білмеген жастарға тәжірибесін үйретіп, есігін қағып, көмек сұрағандарға қалтасындағы бақыр тиынына дейін сыырып бере салуға дайын тұратын Дәулеттің кішіпейілдігі мен кең қолдылығын бірден аңғардық.

Айдынында қаз-үйрегі қалқып, шағаласы шалқып, талайға таңдай қақтыратын алакөлдік тұрғындардың тоқырау жылдары не істерін білмей дағдарып қалғаны рас. Кәсіпкерлікпен айналысудың тәжірибесі де жоқ еді. Осы кезде өңір азаматтары шағын кәсіпкерліктің тізгінін ұстай бастады. Осындай түста, яғни, 2007 жылы Дәулет жекеменшік үйінің ауласынан тұрғын үйге керекті материалдар шығаратын шағын цех ашып, жұмысын бастайды. Уақыт өте оның өніміне сұраныс артып, келушілердің қатары көбейеді. Енді Дәулет тұтынушылардың қажетінен шығамын деп талпынады.

– Басында ақша тауып, жыртығымды бүтіндесем деп ойлаушы едім, қазір есігімді қақкан тұтынушының кереген таба алмай қалғанын ба деп алаңдап тұратын болдым. Қысқасы, көптің сұрауын қанағаттандырамын деп жүріп, өндірісімнің көлемі кеңіп, өнімнің түрінің көбейгенін сезбей де қалыппын, – дейді ағынан жарылған кәсіпкер азамат.

Дәулет бүгінде есік-терезе, кірпіш, тағы да басқа құрылысқа қажетті 10-нан астам өнім шығарады. Сапасы жақсы, бағасы да қолжетімді. Оған аудан аумағында құрылыс жұмысын жүргізетін компаниялар мен тұрғындардан сұраныс көп. Өйткені кірпіштері өзге өлкетестерінен 20 – 30 теңгеге арзан болса, есік-терезені 30 пайызға дейін жеңілдетілген бағамен саудалайды. Сонымен қатар 20-ға жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Олардың орташа жалақысы 90 мың теңге төңірегінде. Биыл көлік жуатын, жөндеу жұмысын жүргізетін арнайы орын салып, жұмысын бастапты. Оған да қосымша жұмыс күшін тартуды көздеп отыр. Ал алдағы уақытта қытайлық кәсіпкерлермен бірігіп, ірі жобаларды қолға алуды жоспарлауда.

Айта кетерлігі, осыған дейін өз күшімен өндірісін өркендетіп келген Дәулет «Даму» кәсіпкерлікті қолдау» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несие алып, шаруасын кеңейтуді ойлағанымен түрлі кедергінің қолбайлау болып тұрғанын жайып салды. Ең бастысы, аталмыш бағдарлама жұмысын үйлестіретін мамандардың жұмыс өнімділігіне көңіл толмайды. Қысқасы, несие алу үшін айпап жиналатын құжаттың соңында жүретін уақыты жоқ. «Даму қорының» қаптаған шартын азайтып, мамандардың қызмет көрсету сапасын жақсартып, жұмыс өнімділігін тездетсе жақсы болар еді» деген ойын құзырлы органдарға жеткізе баруды бізден өтінді. Уәде етіп, сол аманатты арқалап қайттық.

Үшарал қаласы, Алакөл ауданы.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Болат Темірханұлы Сатпаев Алматы облыстық қаржы басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Болат Темірханұлы САТПАЕВ



1963 жылы туған. Алматы халық шаруашылығы институтын, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін тамамдаған. Мамандығы бойынша экономист, заңгер.

Еңбек жолын Алматы қаласық қаржы бөлімі мемлекеттік кіріс бөлімінің экономисі болып бастаған. Әр жылдарда Алматы қаласық қаржы бөлімінің бас экономисі, аға экономист, аға ревизор-инспекторы, Алматы қаласы Калинин ауданының қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Калинин ауданы бойынша мемлекеттік салық инспекциясының бастығы, Алматы облысы бойынша және Жамбыл облысы бойынша салық комитеттері төрағаларының орынбасары, Ақмола облысы бойынша салық комитетінің төрағасы, Алматы облысы бойынша салық департаменті бастығының орынбасары лауазымдарын атқарды.

2011 жылдың шілдесінен – Жамбыл облысы бойынша салық департаменті бастығының орынбасары.



▲ДӘЙЕКТІ ДЕМЕУ

Дайындау ұйымдарына қаржылық көмек

Еліміздің Ауылшаруашылық министрлігі агроөнеркәсіп саласында қызмет етіп жүрген дайындау ұйымдарын қолдау мақсатында есептелген ҚҚС-ғы көлемінде бюджетке төленген ҚҚС-ын субсидиялау Ережесін дайындап, бекітті. Ауылшаруашылығы вице-министрі Ермек КӨШЕРБАЕВТІҢ бұл жолғы жұмыс сапары, міне осы мәселеге арналған. Айта кеткен жөн, ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілермен мұндай кеңестер еліміздің өзге де облыстарында ұйымдастырылған еді. Жетісу аймағындағы бұл жолғы семинар жұмысына инвестициялық саясат және қаржылық құрылымдар департаменті директорының міндетін атқарушы Азат СҰЛТАНОВ, облыс әкімінің орынбасары Серікжан БЕСКЕМПІРОВ, Қарасай ауданының әкімі Аманбай ДӘУРЕНБАЕВ қатысты.

Суретті түсірген Ерлан ӘЛИАСҚАРОВ

Вице-министр бұған дейін Іргелі ауылдық округінің Кемертоған елді мекенінде орналасқан «МедеуКоммерц» ЖШС тауарлы-сүт фермасының өндірістік қызметімен танысқан болатын. Осынау ерекше кәсіпорында «КазАгроФинанс» компаниясының қаржылық демеуінің арқасында жоғары өнімді асыл тұқымды мал басын пайдаланудың толық циклі (өндіріс, өңдеу, өткізу) жүйеленуімен қатар, толыққанды жем-шөп базасы қамдалды.

Ермек Беделбайұлы кәсіпорынның сиыр қораларын аралап сүт сауу ісімен танысты, жуырда ашылған цехтың сүт өнімдерінің дәмін татты. «МедеуКоммерц» ЖШС сүт өнімдері – айран, сүт, сары май, ірімшікті (Frech House) маркасымен шығарады. Қазірдің өзінде өз тұтынушылары бар.

Вице-министр семинардың үстінде жоғарыда аталған Ережеге сәйкес субсидия алудың жолдарына тоқталды.

– Қазіргі таңда өңдеу кәсіпорындары мен дайындау ұйымдары ҚҚС-ғын өзінің айналымынан төлейді. Себебі, шикізатты жеке аулалар мен шаруа қожалықтарынан сатып алады. Ал, олар ҚҚС төлеушілер қатарына жатпайды, – деді Ермек Көшербаев. – Бұл өз кезегінде өңдеушілер мен дайындаушылар түпкі өнімінің қымбаттауына, осыдан барып, бәсекелестіктің төмендеуіне апарып соғады. Сол себепті де Ауылшаруашылық министрлігі ҚҚС-ғы көлемінде бюджетке төленген ҚҚС-ғын субсидиялау Ережесін дайындап, бекітті. Осы Ережеге сәйкес дайындау, сақтау және тасымалдау мен тарату ісімен шұғылданатын заңды тұлғалар сол бұрынғысынша ҚҚС жалпы қабылданған тәртіпте есептейді. Бұл ретте дайындау ұйымының бюджетке төлеген ҚҚС төлемі оған жылдық жалпы кірісінің 90 пайызы ауылшаруашылығы өнімдерін таратудан түскен жағдайда субсидия ретінде қайтарылады.

Сұрақ-жауап кезінде-ақ дайындау бизнесінің өте қажет екендігі байқалды. Сол себепті де дайындау компанияларын құрып, 2016 жылы үстіміздегі жылдың қорытындысы бойынша субсидия алу үшін жергілікті атқару органдарында есепке тұрып, аталмыш бағдарлама аясында жұмыс істеудің мәні зор. Субсидиялаудың шарттарымен толығырақ мына сайт арқылы adilet.zan.kz. танысуға болады.

А. ИСАЕВА.
Қарасай ауданы.

▲ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жол қиындығы жеңілдейді

«Нұрлы Жол» Стратегиясын жүзеге асыру барысында республикалық маңыздағы күре жолдармен қатар аудандық, ауыларалық жолдар да жақсара түсуде.

Осындай игілікті істер Қарасай ауданында да кеңінен қолға алынып отыр. Аудан орталығы Қаскелең қаласында Өмірәлиев және Байғазиев атындағы көшелерге толықтай асфальт төселінсе, Қарасай батыр көшесі жаңартылып үлгерді. «Сәукеле» шағын ауданындағы ұзындығы бір шақырымнан асатын орталық көше мен қаланың шығыс жағындағы «Құрылысшы» көшесі де талапқа сай асфальтталған.

Осындай жұмыстар ауданның өзге де елді мекендерінде жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, Үштерек ауылында Қонаев атындағы және «Мерей» деп аталатын негізгі екі көшеге орта жөндеу жұмыстары жасалынды. Ол жерлерге ақ жолақтарды түсіру ғана қалған. Ал Үшқоңыр ауылында төрт көше жөнделуде. Ұмтыл ауылдық округіне қарасты Мерей елді мекенінде қазірдің өзінде Әділбеков көшесі жөнделіп, Қонаев атындағы, «Жастар» және «Самал» көшелерінде жұмыс қарқын алған. Аталған шараларды Александр Угрюмов басқаратын «ДРСУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сапалы атқаруда.

Мұнан өзге, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары облыстық басқармасының тарапынан «Алматы – Бішкек» және «Алматы – Жаңдосов» күре жолдарын Долан ауылы арқылы біріктіретін, Көлди мен Береке ауылдарын жалғастыратын жолдар да жаңадан жасалынды. Жол жөндеу жұмыстары күзге дейін жалғасады.

Қуат ӘБІЛҰЛЫ.
Қарасай ауданы.

▲ ҚАРАЛЫ ЖИЫН

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ БАТЫРЫМЕН ҚОШТАСУ

Адам баласының өмірі өлшеулі. Біреуге қысқа, біреуге ұзақ ғұмыр берілген. «Қырық жыл қырғын болса да жалғыз өледі» дегенді айтқан қазақ өмірдің сырына көп үңіліп, ата-баба қонысын жасаның келген жұдырықтай қорғаған ерлердің гибратты ғұмырына бас иген. Сондай ерлердің бірі Екінші дүниежүзілік қанды қасаптан аман оралып, ел мен жердің өркендеуіне үлес қосқан Кеңес Одағының Батыры Иван Васильевич Косенков 92 жасында бақилық болды.

Семей облысының Белағаш ауданында 1923 жылы қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген Иван Косенковтың әкесі ерте кайтыс болады да, 16 жастағы бозбала жастайынан колхоз жұмысына жегіледі. Кызыл Армия катарына 1941 жылы желтоқсанда шақырылған ол майданда үш рет жараланып, I және II дәрежелі Отан соғысы орденімен және басқа да көптеген медальдармен марапатталады. Днепр өзені үшін болған шайқаста көрсеткен көзсіз ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1944 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен Иван Васильевич Косенковқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Майданда ерлік көрсетіп, өзгелерге үлгі болған батыр бейбіт заманда Үштөбе қаласындағы теміржол бекетінің орман беллелеулерін қорғаушы маманы болып еңбек етеді.

Марқұмды соңғы сапарға шығарып салута арналған қаралы митинг Үштөбе қаласында өтті. Облыс басшылығы түгелдей катысқан қаралы жиынды Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бисембаев ашып, жүргізіп тұрды. Алғашқы болып сөз алған облыс әкімі Амандық Баталов:

– *Құрметті жерлестер, құрметті Иван Васильевичтің туған-туыстары! Бүгінгі күн бәріміз үшін қаралы күн болып тұр. Керемет адам. Ұлы Отан соғысының ардагері, Қаратал ауданының Құрметті азаматы Иван Васильевич Косенковты ақтық сапарға шығарып тұрмыз. Кеңес Одағының Батыры атағын майдан жұлдарында алған езіміздегі соңғы ардагер еді. Ұзақ та жарқын өмір сүрген оның ғұмыры Отанға, халыққа қалтқысыз қызмет етудің үлгісінді болды. Иван Васильевич Косенковтың жарқын бейнесі бәріміздің жүрегімізде қаһармандықтың, ерліктің, қарапайымдылықтың, бауырмалдықтың, мейірімділіктің, отаншылдықтың үлгісіндей болып мәңгілікке қалады,* – деп Батырдың гибратты ғұмырына тоқталып өтті. *Жеңіс жеріне майданға 120 мың адам аттанып, тең жартысы соғыстан қайтпай орламады. Майданда ерлік көрсеткен жерлестеріміздің 54-іне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Солардың бірі – Иван Васильевич Косенков еді.*

Зеңбірек көздеушісі, сержант Косенков 1943 жылы Днепр өзенінен өту үшін ұйымдастырылған шабуыл кезінде көрсеткен көзсіз ерлігін бар-жоғы 20 жаста жасады. Қаһармандығы үшін одан сол жолы Кеңес Одағының Батыры атағымен бірге Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі берілді. Соғыс жылдарында майдандар үш рет жараланды. Ұлы Жеңісті госпитальде қарсы алған Батыр бейбіт кезеңде мемлекет пен халықтың алдындағы парызын өтеру жолында еңбектенді. Алғашында трактор айдаған ол кейіннен теміржол бойындағы орман белдеуінің шебері қызметін атқарды. Майдан мен тылда сіңірген қажырлы еңбегі үшін Жуков, I-ші, II-ші дәрежелі Отан соғысы орденлерімен, «Құрмет» және II-ші дәрежелі «Барыс» орденлерімен және көптеген медальдармен марапатталды. Қаратал ауданының Құрметті азаматы, Құрметті теміржолшының ерлігі «Нұр Отан» партиясының Қаратал аудандық филиалының жанынан құрылған бастауыш партия ұйымына, Үштөбе қаласындағы бір көшеге берілді. Өмірді және адамдарды жақсы көрген Иван Васильевич алған білімі мен жинаған өмірлік тәжірибесін бәлісіп отыратын. Нақыл ақпақат, пәтуәт, жастардың үлгі тұтар ұстазы. Адам деген атқа кір келтірмеген жан болды. Оның ғұмының құлтілігі мен жатының байлығын айтпай кетуге болмас. Иван Васильевичті мақтан тұтқан сайын оның жарқын бейнесін жоғалтудың ауыр тиері анық. Оның арғында жоқтығы жанды күйзелтеді. Адал жар, жанашыр әке, мейірбан ата бола білген Иван Васильевич екі бала өсіріп, 4 немере, 5 шөбере сүйді. Туған-туыстарына көңіл айта отырып, олардың орны толмас қайғыларына ортақтасамыз. Оның ерлігі қаһармандығы және Отанға деген адал махаббаты біздің жүрегімізде мәңгілікке сақталады.

Қош болыңыз, Иван Васильевич! Топырағыңыз торқа болсын!

Бұдан соң облыс әкімі Амандық Баталов «Нұр Отан» партиясы Торағасының бірінші орынбасары Аскар Мырзахметов пен Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің атынан келген көңіл айту жеделхатын оқып берді.

Республикалық «Қарулы Күштер ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының торағасы Жанболат Мұхамедкалиев, Қаратал аудандық ардагерлер кеңесінің торағасы Сейілхан Беков, немересі Александр Викторович сөз сөйлеп, Батырдың рухына жақсы тілектерін арнады. Батыр Үштөбелегі қорымға жерленді.



Суретті түсірген А.КАЖЕКЕ

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

▲ БІР АУЫЗ СӨЗ

Ерлігіне абыздығы сай еді...

Серік ҮМБЕТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Ұлы Отан соғысында Қазақстаннан барған жауынгерлер өздерін өшпес данққа бөледі. Ерлік пен өрліктің үлгісін көрсеткен батыр аталарымыздың айбынды жайлы әңгімелер күні бүгінге дейін жүргізіп жадында. Кеңестер Одағының Батыры атанған жауынгерлер саны бойынша біздің елдің алдыңғы топтан көрінетінін де орынды мақтан етеміз. Соның ішінде Жетісу жерінен шыққан батырларды ерекше зерттейтінімізді де рас.

Мүмкін көзден таса, көңілден тысқары қалған кейбір жайттар да болған шығар. Дегенмен, сол қаһармандарды көзі тірісінде шамамыз жеткенше қадірлеуге тырыстық. Алматы облысының Қаратал ауданындағы Үштөбе қаласында тұрған Ұлы Отан соғысының Қазақстандағы көзі тірі соңғы батыры Иван Васильевич Косенков өмірден озды дегенді естігенде мен еріксіз осындай ойға келдім. Қалай болғанда да бір кездегі Кеңестер Одағын ғана емес, әлемді фашизмнің ұлы тырнағынан арашалап қалған, сол жолда өмірлерін қиып, денсаулықтарынан айырылған ағa ұрпақтың алдында мәңгі өтелместей борыштарымыз. Олар ешқашан мен ерлік істедім, Отан үшін қан төктім деп кеуде қаққан емес. Майданнан оралысымен көппен бірге елінің ертеңі үшін ерінбей еңбек етті.

Тірлігінде қарапайымдылығынан ажырамаған, өзі өсіп-өнген қасиетті Қаратал даласын ешбір елге, жерге айырбастамаған Кеңестер Одағының Батыры Иван Васильевич Косенковтың қазақстандықтар, оның ішінде жетісулықтар үшін орны бөлек. Қай кезде де көптің ортасынан табылып, мақтау мен марапатқа мардамсымай, қолында барды жерлестерімен бөлісуге асығатын марқұм мына өмірдегі батырлығынан ажырамаған, абыздығынан айнымаған шын мәніндегі ақсақал еді.

Алматы облысын басқарған жылдары ол кісімен жиі жолығып, ақылдасып кеңесіп тұратынмын. Сол кездері оның қолында барға қанағат ететін, басқаға болсыншы дейтін жүрегі кең адам екенін көзім жетті. Ұзақ жылдар шойын жол саласында қызмет өтіп «Қазақстанның Құрметті теміржолшысы» атағамы өз алдына, ауданның, облыстың беткеүстары сол кісі еді. Теміржол саласындағы басшылар тұрмысқа қолайлы баспана бергенде бала-шағасы есіп-өрбіген қарашаңырақты тастамай, өзіне ұсынылған үйді баласы көп, жағдайы күрделі отбасыға беруді өтіну екінің бірінің қолынан келе бермейді. Одан кейін де бірнеше мәрте осындай патерлер ұсынылғанда, шамам барда өз қолыммен тұрғызған үйден кетпеймін дегенін ел жақсы біледі. Бойынан күш, қолынан қуат кеткенде барып тұрмысқа қолайлы пәтерге көшті.

Өмірде адамның басынан небір жағдайлар өтеді ғой. Бірде бақыттан басың айналып, аспанға ұшып кетердей болсаң, енді бірде ауыртпалықтан еңсеңді көтере алмай езіліп кете жаздайсың. Бозбала шағында қанды қасапқа түсіп, қаруластарын шабуылға бастаған,жиырма жасында саны да,күші де басым дұшпанға бірнеше күн тойтарыс берген, сол үшін кеудесіне «Алтын Жұлдыз» тақкан батырдың да қиындықтан жол таппай қысылған кезінің болары анық. Сондай дағдарған шағында қасында болып, мәселесін шешуге атсалысқан едім.


Сексенге толып,жүрты мерейтойын атап өтіп жатқан кезде ақсақал тағдыр сынағына тап болып,оған да шарболаттай төтеп бере білді. Ресейде тұратын жалғыз тұяғы Михаил көрша елдің алыс түкпіріндегі аймақтан ата-анасының қал-жағдайын білiп, немересін көрсету үшін ат арытып келеді. Арада біраз жылдар салып қауышқан ата-ана мен баланың сағынышы да басылып үлгермей ұлы жүрек талмасымен аурухананың жансақтау бөліміне түседі. Тағдырдың жазуына амал бар ма? Дәрігерлер қанша күш жұмсағанымен Михаил есін жимаған қалпы көз жұмды. Ата-ана үшін бұл дүниеде баладан айырылудан үлкен қайғы жоқ-ау. Анасы ауыртпалықты көтере алмай, төсек тартып жатып қалды. Жасаған жаудан қайтпаған батырдың өзі де сол кезде шөгіп қалып еді-ау.

Көңіл айта барғанымда Ресейдегі келіні жұбайының майітін Кемероваға әкелін жерлеуді сұрап отырғанын, бір жағынан, оның талабының да дұрыс екенін айтып, ұлының сүйегін көрші елдің қиырдағы аймағына қалай жеткізуді білмей отырғанын мұңая отырып жеткізді. Балалары Ресейге қоныс аударып, әке-шешесін қаншама рет сол жаққа көшіріп әкетпек болғанда Қазақстаннан ешқайда кетпейтінін,Үштөбеден табан аудармайтынын ашық айтқан батыр ақсақалдың басына түскен ауыртпалықты жеңілдетпесек, елдігіміз қайда!? Қарияға ештеңе алландамауды өтіндім де,Кемерово облысының басшылығына хабарласып, мына жақтан шекарага дейін жеткізетін арнайы автокөлік дайындатып, Иван Васильевичтің ұлының сүйегін Ресейге апаруды қамтамасыз еттік. Сол кездегі батырдың ризашылығын, қазақ елінде деген пейілі мен көңілін жанында болған жандар ғана жеткізе алады.

Жеңістің 65 жылдығында жасы тоқсанға таяған ақсақал жер үйдегі көбедей-көп шаруаларға шамасы келмейтіндіктен ақыры тұрмысқа қолайлы патерге көшті. Мерекелік тартуымды алып, арнайы құттықтай бардым. Сол кезде ол: «Қазақстан — менің тарихи Отаным. Қазақ елі мен жерімсіз ғұмырымды көзге елестете алмаймын. Семейде өмір есігін аштым. Жергілікті жұрттың бар қиындықты белісіп, жетістікке қосыла қуанып жүріп жетілдім. Туыстар мен балаларға да өзімнің ешқайда кешпейтінімді айттым. Әлсем топырақтың осы Үштөбеден бұйырғанын қалаймын»,— деген еді.

Батыр екі сөйлемеуді. Алғындары қанша мәрте қолқалағанымен өзінің қолының табы, табанының ізі қалған Үштөбеден ешқайда кешпеді. Ол туралы ойлаған да жоқ. Осылайша Батырдың тірлігіндегі соңғы бір өзекжарды тілегі орындалды — қасиетті Қаратал ауданының қарабұйра топырағын жамылып,қазақ даласынан мәңгіге қоныс тапты. Бақұл болыңыз, абзал ақсақал! Топырағыңыз торқа, жатқан жеріңіз жайлы болсын,Жетісудың жеке батыры.

▲ ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
ТЕҢГЕМЕН НЕСИЕ ұсынады

Қой бағумен айналысасыз ба?

Онда «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ саулық пен өндіруші қошқар сатып алу үшін 7 жылға дейінгі мерзімге несие алыңыз.

Сыйақы мөлшерлемесі жылына 14 пайыздан, мемлекеттен 7 пайызға дейін субсидия беріледі.

Несиені өтеудің ыңғайлы кестесі!
«Ауыл бизнесін бірге дамытамыз!»

Қосымша ақпарат www.agrocredit.kz сайтында.
Талдықорған қ., Абылай хан көшесі, 125, 3-кабинет, 8 (728-2) 55-86-51, 55-86-52,
Алматы қ., Гоголь көшесі, 111, «Даму» БО, 5-кабинет, 509-кеңсе. 8 (727) 330 75 03, 330 75 04
Call Center телефоны - 8-800-080-70-80
(Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)



▲ ИННОВАЦИЯ ИГІЛІГІ

Жаңа жобалар таныстырылды

Кейінгі жылдары өңіріміздегі жастардың тәжірибелік маңызға ие инновациялық жобаларын іріктеу, олардың ғылыми зерттеу жұмысына мүмкіндік беру, тың идеяларына қолдау көрсету жұмыстары жақсы жолға қойылуда. Әсіресе, облыс әкімінің демеуімен жас ғалымдардың ғылыми жобаларын қаржыландыру ісі қатарынан үш жыл жалғасын, өңгелерге өнеге көрсетуде. Оған «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен «Very Innovative People» байқауы грант иегерлерінің аралық есеп беру көрсетілімінде көз жеткіздік.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Биылғы инновациялық жобалар байқауы еліміздің «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасын іске асыру мақсатында EXPO–2017 көрмесінің басты тақырыбына бағытталғаны білесіздер. Бұл жолы ұсынылып отырған 35 жобаны іске асыруға 10 млн. теңгеге жуық қаражат қарастырылған.

Қазір 4 прогрессивті жоба жүзеге асырылуда. Бұл жайлы өз кезегінде газетімізде жазып, оқырмайдарымызды хабардар еткенбіз. Міне, сол жобалардың ел игілігіне айналу барысымен танысып отырмыз. Басында: «Қаржыландырылған жобалар аяқсыз қалып, қомақты қаржы кім көрінгенің қолында кете ме?» деген күдіктің болғаны рас. Тіпті, жастардың жаңа бастамасына сенбеушілік те танытып едік. Бәрін уақыт шешті. Енді көптің мәдени өміріне нәр беретін жобалардың қуаттылығына тәнті болып жатырмыз.

Соның бірі «Электр қуатын өндіруге арналған жаттығу қондырғысы» деп аталады. Қоғамдық орындарда орнатылған велотренажерларда жаттығу жасау арқылы ұялы телефонды қуаттандыру үшін электр энергиясын өндіруге арналған жоба. Оның авторы Талдықорған политехникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы, аймақтық жастардың инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері Қайнар Бақытұлы. Олар бөлінген 2 миллион теңгені толығымен игеріпті. Әзбетте, велотренажер бұрын да болған, айдынбалы деңгелек арқызы ток өндіріп, оны аккумуляторға жинау да осыған дейін тәжірибеден өткені анық. Алайда, велосипед доңғалағы арқылы генераторды қозған, аккумуляторға ток жинау және оның қуаттылығын 120 вт-қа дейін жеткізуді бірінші рет бізден жастар дәлелдеп отыр. Шара аясында осындай 5 дана жаттығу қондырғысы орталық саябаққа орнатылып, көптің игілігіне тапсырылды.

Келесі кезекте І. Жансүгіров атындағы Жетіқу мемлекеттік университетінің 2-корпусына орналасқан «Жабық жүйелі жерлерде гидропоникалық тәсілмен көкөніс өсіру» жобасына аралған жылжайдың мүмкіндігімен таныстық. Жалпы, 8 миллион теңге қаржы бөлінген жобаның жеткізу құндылығы да қомақты. Жобаны І. Жансүгіров атындағы Жетіқу мемлекеттік университеті жастардың инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкерлері жүзеге асырыпты. Төбесі жарық өткізетін материалмен капталған, ауданы 300 шаршы метр жерге орналасқан жылжайда гидропоникалық, аэропоникалық, тамшылатып суару, гидро-аэропоникалық тәсілдермен көкөніс өсірудің түрлі сынағы жүргізіліп жатыр. Егер осы тәсілдердің бірі өніромздің ауа райы, жер жағдайына үйлесімді болса, осы тәжірибені облысымызға таратып, ауылшаруашылық мамандарына ұсынатын болады.

Қос жобаның да өз құнын толығымен актайтынына көзіміз жетті. Осы тұста бәрімізді «Бұл бастама алдағы уақытта жалғаса ма?» деген сұрақ мазалады. Оған облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев: «Бүгінде біз жастардың инновациялық әлеуеті облысымызда қолдау тауып отырғанын байқап отырмыз. Өйткені өткен жылы инновациялық жобаларды қаржыландыру көлемі 5 млн. теңге шамасында болып еді. Ал биыл біз оның мөлшерін үш есеге, яғни 15 млн. теңгеге ұлғайттық. Алдағы уақытта бұл сан көбейе түсетін болады. Демек, жастар тарапынан ел игілігіне асырылатын жобалардың қатары да көбейеді деген сөз», – деп жауап берді.

Егер сіз де ізденуші болсаңыз, уақыт бөліп, осы жобаларды көріп қайтқаныңыз жөн.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 110 (18098)
Сенбі, 26 қыркүйек, 2015 жыл

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

■БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

ЖАҢА ЖОБА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қаржылық дағдарысқа байланысты көптеген жаңалық тіркелуде. Тауар бағасы күрт өсіп, халықты біраз әбігерге түсіргені анық. Жаппай қымбатшылық жаупайды деген ағайынның ойы орынды. Десе де, ондай келеңсіздікті ауыздықтау жұмысы да басталып, өз пайдасын көрсетіп келеді. Мұнымен айналысып отырған арнайы құзырлы орындардың жұмысын айта кеткен жөн.

«Жетісу»

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Сонымен қоса Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінде жылу жүйесіне байланысты кезекті кеңес өтті.

Аталмыш жиынға «Талдықорғанжылусервис» коммуналдық кәсіпорнының қызметкерлері, қоғамдық палата, кәсіпкерлік палата, электр желісін тарату мекемелері мен БАҚ өкілдері қатысты. Негізгі мәселе «Талдықорғанжылусервис» КМК-нің 2015–2019 жылдарға арналған реттелетін қызметтеріне белгіленген тарифтердің шекті деңгейінің жобасын талқылау. Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы Айжан Сәрсенбайқызы жобамен таныстырды. Жобада тарифтік төлемдердің бес жылда белгілі мөлшермен өсетіні жайлы көрсетілген. Онда айтылған мәселелерге байланысты жиынға қатысушылар өз ойларын ортаға салып, жобадағы тарифтік төлемдердің не себепті өскені туралы толық мағлұмат алды. Осылайша «Талдықорғанжылусервис» КМК-нің жұмысы департаменттің бекітуіне жіберілді және бұл жоғарыдан тағыда бір сараптамадан өткеннен кейін бірақ қолданысқа енеді.

■СЕЛЕКТОР

Дайындық ойдағыдай


Облыстық әкімдікте облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат Бигелдиеваның төрағалық етуімен селекторлық кеңес өтті. Жиында алдағы қысқы жылыту маусымына дайындық барысы пысықталды. Оған жылыту маусымына дайындық жөніндегі облыстық штаб мүшелері, мекеме басшылары, аудан және қала әкімдері мен орынбасарлары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшылары мен жылу беру мекемелерінің өкілдері және бюджеттік мекеме нысандарына көмір, сұйық отын жеткізуші ЖШС басшылары қатысты.

Жиынды ашқан Махаббат Садуақасұлы:

– Облыс әкімі Амандық Баталовтың тапсырмасына сәйкес алдағы 2015 – 2016 жылдардағы жылыту маусымына бюджеттен 7,5 млрд. теңге бөлінді. Бұл қаражатқа бюджет саласының 2243 нысаны, яғни, 992 білім беру, 704 денсаулық сақтау, 547 әлеуметтік сала нысанын қысқы жылытуға дайындау көзделген болатын. Бүгінгі күні білім беру нысандары 100, денсаулық сақтау нысандары 98, әлеуметтік сала нысандары 99,8 пайызға дайын. Орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілетін 28 қазандықтың 27-сі немесе 96 пайызы жұмыс бастауға езір. Ал 40,5 шақырым жылу жүйелерінің 39 шақырымы немесе 96 пайызы, 13,5 электр желісінің 13,2 шақырымы немесе 96 пайызы дайын, – деп атап өтті.

Күн тәртібінде қаралған мәселе төңірегінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Бағлан Төнекенов және басқа да басқарма басшылары қысқы жылыту маусымына дайындық барысында атқарылған жұмыстар жайлы хабарлама жасады. Жалпы бекіп елді жылумен қамтамасыз етуде келеңсіз кітер тындырылып, қатты және сұйық отын қоры жеткілікті мөлшерде өзірленген. Сонымен бірге облыс орталығы мен елді мекендердегі жылу құбырларын және кептіру шаруасы да жоспарға сай зақтапады деп күтілуде. Өңірдегі жылу қазандығының дені іске қосылуға сақадай сай. Қысқасы, қысқа апатты жағдай туындамас үшін барлық мүмкіндік қарастырылуда.

Қ. ШАКЛИН.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕК.

БЕРЕКЕ-БІРЛІК БАСТАУЫ

■МҰБӘРАК МЕЙРАМ

Көпшілікті бір мақсатқа жұмылдырып, елдің мерейін үстем ететін, барша мұсылман қауымы үшін ең ұлық саналатын Құрбан айт мерекесіне орай Талдықорған қаласының орталық «Иман» мешітінде Айт намазы оқылып, құрбандық шалынды.

«Жетісу»

Мәди АЛЖАНБАЙ

Орталық мешітке алдын ала, таң алакеуімнен жиналған қауымға уағыз-насихат айтқан Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Талдықорған өңірінің өкілі имамы Серікхан Ахмадиев, көпшілікті қасиетті мереке күндері көп жақсылық жасауға шақырды. Қоғамдағы жоқ-жітіктер мен мүгедектерге, жетімжесірлер мен жалғызбасты отбасыларға құрбандыққа шалынған малдың етін тарату үндеген имамның айтуынша, мұсылман баласы жасаған шаңның тозаңындай ісі үшін екі дүниенің жақсылығына кенелп, әрбір сауапты қадамына лайықты сыйлығын алады. Сол себепті, құрбандыққа төрт түлік малдың бірін шалып, жақсы қадам жасау қажет.

Биылғы Құрбан айт намазына облыс орталығындағы барша қауым қатысып, бір-біріне ізгі тілектер тіледі. Орталық «Иман» мешітіне жиналған жамағатқа ақ тілегін арнаған облыс әкімі Амандық Баталов көпшілікті ауызбіршілікке, ынтымаққа шақырды.

–Қадірменді қауым, құрметті ағайын! Сіздерге әлемдегі барша мұсылманның қасиетті Құрбан айт мерекесі қабыл болсын дегім келеді. Дәл осы күні мұсылмандар мешіттерде дұға-тілек жасайды, сол тілектеріңіздің бәрі қабыл болып, отбасыларыңызға жақсылық, қуаныш, абырой әкелсін! Сіздердің жасаған шынайы дұға-тілектеріңіз бен жақсылыққа шақырған тілеулеріңізге рахмет айтқым келеді.

Қазіргі күні елімізде, облысымызда дінге деген құрмет артып, діни мерекелерге лайықты көңіл бөлінуде. Осының бәріне қолдау көрсетіп отырған Елбасы Нұрсұлтан Өбішұлы Назарбаевқа Алла Тағала таусылмас күш-қуат берсін, мемлекеттің жетістігі үшін жасаған әрбір қадамы мен ойлаған ойы орындалып, елімізде жақсылыққа бастайтын игі бастамалар көп болсын деп тілеймін!

Құдайға шүкір, Жетісу өлкесіндегі жетістіктер жаман емес, атқарған жұмысымыз, істегенісіміздің бәрі Ел мен Жер үшін, болашақ ұрпақтың бақытты өмір сүруі үшін. Осынау қасиетті Құрбан айт күні бақилық болған ата-бабаларымыздың, әже-аналарымыздың, туған-туыстарымыздың рухына жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын айту керек. Ендеше, сіздердің жасаған дұға-тілектеріңіз қабыл болып, елімізде, жерімізде уайым-қайғы болмасын. Бір-бірімізді сыйлап, жақсы тілектер тілейік. Қиын-қыстау кездерде, ауыртпалық орын алған шақтарда арамызға от жағып, тас лақтыратын жаман ниетті іс-әрекеттердің бәрін ауызбіршіліктің арқасында тыйып, тек жақсылықтардың алға шығуына күш біріктірейік.

Алматы облысы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың туған жері болғандықтан қашанда басты назарда тұрады. Сондықтан барша жұрт болып бірлесіп, қауым болып жақсылық тілеуге тиіспіз. Бес парыздың бірі – қажылықпен түспа-түс келетін қасиетті айт күні Алла Тағала барлық дұға-тілектеріңіз бен шалған құрбандықтарыңызды қабыл етсін! Баршаңыздың отбасыларыңызға қуаныш пен табыс тілеймін!

Будан соң еңір басшыларымен бірге Құрбан айт намазына қатысып, мұсылмандықтың басты шарты сәждеге бас қойған облыс басшысы Амандық Баталов алғашқы болып Жаратқан Аллаға көк қошқарды құрбандыққа шалды.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ШАҢЫРАҚ шаттығы

4 БЕТ

ТАСТҮЛЕК

6 БЕТ

МӘСКЕУДЕ мешіт ашылды

7 БЕТ

■ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Кейінгі кездері облыс орталығы мен елді мекендерде құрылыс жұмысы тоқтатылған, сот арқылы сүріліп тастау туралы шешім қабылданған, қатысты мекемелер тарапынан айыппұл салынған құрылыстар жайлы жиі еститін болдық. Былай қарағанда, сол құрылыстардың бәрі заңды, орынды сияқты сезіледі. Бірақ терендей зерделесек, арнайы рұқсатсыз, құрылыс нормаларын, басқа да талаптарды сақтамай салынған нысандардың да аз еместігін көреміз. Бұл туралы облыстық әкімдіктің үлкен жиынжайында облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Әбдірайымовтың қатысуымен өткен жиналыста білдік. Аудан әкімдерінің орынбасарлары мен аудан, қалалардың бас сәулетшілері және жер мәселесіне жауап беретін мамандар бас қосқан жиналыста облыстың бас сәулетшісі Дәркен Нұржанов баяндама жасап, өңіріміздің сәулет және құрылыс саласындағы жетістігі мен кемшілігін саралап берді.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖОЛ ЖОҚ

«Жетісу»

Қажет АНДАС

Оның айтуынша, соңғы уақытта облыс әкімдігімен сәулет және қалақұрылысы құжаттамаларын өзірлеу мәселелеріне көп көңіл бөлініп, облыс аумағында сәулет, қалақұрылысы және құрылыс саласында мемлекеттік саясатты жүргізуге зор мүмкіндік берілген. Айталық, 2001 – 2014 жылдар аралығында облыстың 552 елді мекені қалақұрылыс құжаттамаларымен қамтылған. Биыл бұл мақсатқа 1,690 млрд. теңге қаражат бөлініп, 35 елді мекенге жоспарлау жобасын өзірлеу жұмысы жүргізіліп, 11 елді мекеніге нақты жоспарлау жобасы өзірленуде. Соның ішінде Алакөл көлі жағалауы мен «Жаркент-Қорғас шағын агломерациясы аумағын қалақұрылыстық жобалаудың кешенді жобасы» орындалуда. Сондай-ақ, 3 аудан және 1 қала орталығының инженерлік түгендеу жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар, халқының саны 1 мың адамға дейінгі облыстың 45 елді мекені бойынша дамытудың жеңілдетілген сызбасы өзірленуде. Бұл Елбасының «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында ауқымдана түсті. Соның ішінде көлік-логистикалық инфрақұрылымдарға және индустриялды-энергетикалық, тұрғын үй және тағы басқа инфрақұрылым жүйелерін қамтамасыз етуге көп көңіл бөлінгені белгілі бола бастады. Яғни, өңір өркендеп келеді. Бірақ аймағымыздағы заңсыз құрылыстардың қатары жыл сайын артып, көңілге күдік ұялататын жағдайлар да көбейе түскен. Мұны облыстың бас сәулетшісі аудандар бойынша нақтылап берді. Алакөл ауданында 3, Еңбекшіқазақ ауданында 37, Іле ауданында 71, Қарасай ауданында 117, Көрбұлақ ауданында 10, Панфилов ауданында 17, Талғар ауданында 43, Қаскаласында 32 нысан заңсыз құрылыс ретінде танылған. Қазіргі таңда автомобиль жолдары бойындағы құрылыс нысандарында заңбұзушылықтар жиі орын алуда. Облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасы тарапынан жүргізілген тексеріс нәтижесінде 2014 жылдан бастап қалақұрылыстық құжаттаманың (ЖДП) өзірленіп жатқандығын біле отырып, Іле ауданы бойынша Алматы-Жетіген жолында 2, Қарасай ауданы бойынша Алматы-Астана жолында 6, Алматы-Бішкек жолында 7, Алматы-Жаңдосов жолында 8 нысанның бой көтергендігі анықталған.

Облыс аумағындағы құрылысы жүріп жатқан нысандардың пандусының жоқтығы немесе құрылыс нормаларына сай келмейтіндігі де назардан тыс қалмады. Атап айтсақ, Талдықорған қаласының 6 шағын ауданындағы №22 және 7 шағын ауданындағы №5 пайдалануға берілген көпқабатты тұрғын үйдің басты кіреберістерінде пандус жоқ. Сондай-ақ, 6-шағын ауданындағы №20, 21, 23, 24, 7-шағын ауданындағы №18, 19, 20, 21 үйлердің пандусы құрылыс нормаларына сәйкес салынбаған. Осындай келеңсіздіктер облыстың барлық аудан мен қала аумақтарында кездеседі. Баяндама барысында құрылыс саласындағы заңсыздықтардың баска да себебі мен салдары толығымен сараланды. Дәркен Нұржановтың сөзінің дұрыстығын осыдан кейін сөз алған баска да мамандар айтып жатты. Оның бәрін тізіп шығудың керегі жоқ. Қысқасы, көпшілік өңірді өркендету жолында қаншалықты игілікті жұмыс атқарылумен қатар орын алған кемшіліктің де аз болмағанына көз жеткізді.

Баяндамашының келтірген деректеріне сүйене отырып, облыс әкімінің орынбасары жиналыска қатысқан қала әкімінің орынбасарынан және өңірлердегі сәулетшілерден заңсыз құрылыстардың себебі мен салдарын сұрастырып, келеңсіздікті жою жолдары жайлы айтып өтті.

■ЕЛ ІШІНДЕ

Жұмыс жоспары нақтыланды

Сарқан ауданы әкімдігінің мәжіліс залында ауыл әкімдері мен шаруа қожалықтары жетекшілерінің қатысуымен штаб отырысы өтті. Онда қант қызылшасын жинау, күздік бидай себу, «Алтын асық», «Құлан», «Сыбаға» және «Жайылымды суландыру» бағдарламаларының орындалу барысы қаралды.

Жиында аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков қант қызылшасын уақытылы жинап, зауытқа өткізу мәселесіне ден қойды. Өңір бойынша биыл 532 гектар алқаптан 16179 тонна тәтті түбір жиналып, «Кексу Шекер» АҚ зауытына өткізілуі тиіс. Қант қызылшасының түсім әр гектарына орта есеппен 304 центнерді құрап отыр. Бағалы дақылды жинау жұмыстары қыркүйектің соңында басталып, қазан айының аяғына дейін жалғаспақ.

Штаб отырысында күзгі жинау-терінге қатысатын техникалар мен адам күші нақтыланып, науқандық жұмыс реті пысықталды. Күзде терендетіп сүдігер дайындалмаса, келесі көктемде қызылша себу жоспары орындалмайды. Сондықтан бұл мәселелерге де назар аударылды. Будан әрі күздік бидай себуден барысы мен жоғарыда аталған бағдарламалардың орындалуы атап көрсетілп, шаруа қожалықтары мен ауыл округі әкімдерінің осы бағыт бойынша жоба-жоспарлары тыңдалды.

Ж. ИГІМАН.

■ЕЛ ІШІНДЕ

Жемқорлық – жегіқұрт

«Жетісу»

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Шараның мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, тамырына балта шабу. Облыстық мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлеріне аталған мәселе бойынша үгіт-насихат жүргізу. Және де мемлекеттік қызмет алуға келген азаматтарға құқықтық кеңес беріп, бірлескен көшпелі қоғамдық қабылдау қызметін көрсету. Осыған байланысты, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дің қаржы-экономика факультетінің деканы, заң ғылымдарының кандидаты Болат Сариев, университет ректорының құқықтық сұрақтар бойынша кеңесшісі Болат Молдабеков жас мамандарға дәріс оқып, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық тақырыбына байланысты қойған сауалдарына жауап беру арқылы түйткілді мәселенің түйінін тарқатты.

Облыстық мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының бөлім басшысы Талғат Бейбіт сөз алып: – Бұл мекеме былтыр 26 желтоқсанда ашылған болатын. Сол уақыттан бүгінгі күнге дейін мекемеге бір де бір рет жемқорлыққа байланысты оқиға орын алмаған. Алайда, деллал тұтынушы мен сатушының арасында жүргендіктен келеңсіз жайттар орын алуы мүмкін. Соған байланысты біздің мекемеге деллалдар бас сұқпас үшін де аптасына екі рет полиция қызметкерлері келіп, қатаң бақылауға алып, тексеріп тұрады. Бұл тәртіп сақталғанына жасаған біздің өтінішімізден орын алғанын да ескерте кеткім келеді, – деп бөлісті. Сала басшылары мен жас мамандар осылай жемқорлардың жемсауын жарауға, сыбайластықтың салқынынан сақтануға жұмыс істесе, ел еңселі, Отанымыз гүлдене береріне сенімдіміз.

ЕҢБЕК КҮНІ

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» демекші, нарық заманына икемделіп, 1996 жылы заңды түлға құқығына ие дербес шаруашылық құрып, ісін алға жылжытып отырған Ерден Бейсенов мырзаның еңбегін өзгелерге үлгі етіп айтуға болады. Ол өзінің отбасымен ақылдаса отырып ауылшаруашылық өнімін өсіріп, мал басын арттыруды алдына міндет етіп қойды. Соған талаптанды. Барды ұқсатты, жоқты іздеп тапты. Нәтижесінде қолға алған ісі оңға басты.

ТАЛАПТЫҒА НҰР ЖАУАР

Олай дейтініміз, алғашында екі жылқы, жеті сиыр және екі жүз бас қоймен шаруашылығын бастаған ол тынымсыз тірлігінің нәтижесінде 150 бас Қамбар ата түлігін «Шаған» тауының бауырайында желдіртіп, Зеңгібаба түлігінің 180-ге жуығын өрістетіп, Шопанатаның 800-ден астамын қорасынан өргізіп, Алла берген ырыздыққа шүкірлік етуде. «Сарыой» деп аталатын шаруашылығында бүгінде 4500 гектар жер бар. Оның 96-сы егістік, 42 гектары шабындық, қалғаны мал жайылымына тиесілі. Дәл қазіргі уақытта егістік алқабына арналған 96 гектар жерді күздік егуге дайындап отыр.

Тамыз айының басында аудан басшысы Ғалым Тоқпейісов орақ науқанының жағдайын көзбен көріп, егіс алқабын аралағанда, жайқалып өскен арпа-бидайдың қауырт жиналып жатқанына көңілі толып қайтқан еді. Сейтіп, ауа райының қолайлы күндерінің әр сағатын ұтымды пайдалануға тырысқан шаруашылықтың алтын дәнді ысырапсыз жинап алуға жұмыла кіріскенін бағамдап қайтқан. Шілде ыстық болғанымен былтыр егілген күздік арпаның «Бәйшешек» тұқымы көктемнің салқынында өз бабында өсіп, орақ науқаны кезінде дәні толып, «Сарыой» шаруашылығының қамбасына құйылып жатты. Уақытты тиімді пайдаланудың, агротехникалық шараларды қатаң сақтаудың арқасында 30 гектар жерге себілген күздік бидайдан жалпы 80 тонна дән жиналса, қалған аумаққа егілген арпа өнімі 160 тоннаға жетті. Бұл еңбек жемісі.

– Шаруашылықта жемшөптің бөрік қоры жасалды. Сегіз мал шөп жинадық. Қыстан қысылмай шығамыз деген ойдамыз, – дейді шаруа қожалығының иесі Ерден Аманбайұлы.

Қожалық ауылшаруашылық техникаларына мұқтаж емес. Өздерінде бір «МТЗ –1221», екі «МТЗ – 80», екі «Газ – 53», «Т – 25» және «Енисей» комбайны шаруашылықтың қазіргі жұмысын толық атқарып, еңбектерінің табысты болуына септігін тигізуде. Еңбектің өнімді, істің ретті болуы кәне басшыға байланысты екені белгілі. Шаруашылық иесінің бірде мал-жанының қасында, енді бірде егіс даласының басында шапқылап жүруінен оның еңбегінің нәтижесін байқайсың. Отбасында ағылы жары екеуі үш бала өсіріп, үлгілі отбасы болып отыр. Сондай-ақ, ол ел-жұртпен емен-жарқын араласып, қоғамдық мәселелерге де атсалысады. Әртүрлі қайырымдылық акциялар мен мерекелерде жомарттық танытып, көмек қолын созатын мәртті де мақтауға тұрарлық. Ендеше, ел үшін мандай терін төгетін азаматтар қатары арта берсін демекпіз.

Ақбөпе ЖИЕНҚҰЛОВА.
Кексу ауданы.



№ 112 (18100)
Бейсенбі, 1 қазан, 2015 жыл

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады


WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының сессиясында әлемдік саясатқа қатысты жалпы пікірталаста сөз сөйледі. Елбасы сөзі БҰҰ тарихында тұңғыш рет қазақ тілінде сөйленуімен де ерекше бағалы.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ІСІН АДАМЗАТТЫҢ XXI ҒАСЫРДАҒЫ БАСТЫ МАҚСАТЫ ЕТУГЕ ШАҚЫРАМЫН

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзі



Құрметті Төраға мырза!
Құрметті Бас хатшы мырза!
Құрметті әріптестер
Ханымдар мен мырзалар!

Біріккен Ұлттар Ұйымының 70 жылдық мерейтойы тұсында бұл ұйымның негізін қалаушылар оған қандай терең мағына бергені жөнінде ой бөлісу маңызды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы қазірдің өзінде жаһандық тұрғыдан тарихи мәні бар міндеттерді орындады.

Біріншіден, планетамызда адамдар жетпіс жыл бойы дүниежүзілік соғыссыз өмір сүріп келеді.

Екіншіден, әлемде аса ауқымды отарсыздандыру жүзеге асырылды.

Біріккен Ұлттар Ұйымын 70 жыл бұрын елу бір мемлекет құрды. Ол кезде әлемнің көп бөлігін колониялар мен тәуелді аймақтар алып жатты. Бүгінде әлемдік қоғамдастықта 193 тәуелсіз ел бар.

Үшіншіден, Біріккен Ұлттар Ұйымы күн сайынғы, қиын, бірақ қауіпсіздік пен даму үшін баршаға қажетті ұжымдасудың бүкіләлемдік мінберіне айналды. Адамзат одан өзінің әр алуандықтағы бірлігін, біздің жалғап бірегей планетамыздың тағдырына қатыстылығының ортақтығын сезінеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының негізін салушылар алдағы алыс болашаққа ой көзімен қарай білді. Әлем бүгінде олардың бастамалары мен орындалған арманының жемісін көріп отыр.

Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан халықаралық қатынастардағы өзара сенімді қалпына келтіруге, халықаралық құқықтың негізінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайды.

Жетпіс жыл бойы әлемдік қоғамдастық әскери қақтығыстарды ақылға қонымды шешудің түйінін табуға тырысып келеді. Бірақ қақтығыстар азаяр емес. Олар кейбір елдерде мемлекеттілікті күйретудің салдарынан шектен шыққан халықаралық терроризмге ұласуда. Адамзат соғыстардың алдын алу және қақтығыстардың салдарын еңсерудің ескірген тәсілдерінен оларды мән-мағынасыз ететін жаңа даму стратегиясына өтуге тиіс.

Ол үшін алыстағы болашаққа бағыт-бүкіл көз салып, Біріккен Ұлттар Ұйымына 100 жыл толатын кездегі әлемнің қандай болатынын көре білуіміз керек. Мен Жер бетіндегі өркениет таяудағы отыз жылда соғыстар мен қақтығыстардың шиеленген түйінін даналықпен тарқату үшін күш-жігер таба алатынына сенімдімін.

XXI ғасырда адамзаттың ең басты міндеті әлемді соғыс қатерінен мүлде арылтатын және оның себептерін жоятын стратегияны жүзеге асыру болуға тиіс. Сол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының жүз жылдығына Жаһандық Стратегиялық Бастама – 2045 жоспарын әзірлеуді ұсынамын. Оның мәні – барлық ұлттардың әлемдік инфрақұрылымға, ресурстарға және нарықтарға қол жеткізуінің әділ шарттары негізінде әлемдік дамудың жаңа трендін қалыптастыру, сондай-ақ, адамзаттың дамуы үшін жалпыға ортақ жауапкершілікті орнықтыру.

БІРІНШІ. Мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік кеңесін Жаһандық даму кеңесіне айналдыруды ұсынамын. Оның құрамына Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы сайлаған мүше мемлекеттермен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелерінің барлық басшылары, соның ішінде Халықаралық валюта қорының да басшылары ене алар еді.

Кеңеске Жаһандық экономикалық реттеушінің міндеттері жүктелуге тиіс. Кеңес жүзеге асыратын бүкіләлемдік жобалар жаһандық экономикалық өсім нүктелеріне айнала алады. Бұл жаһандық дағдарыстар кәрін айтарлықтай азайтуға, сондай-ақ, мемлекеттердің ұлттық экономика және әлеуметтік саясат мәселелеріндегі жауапкершілігін күшейтуге септігін тигізеді.

Жобасы Астана Экономикалық форумы аясында қызу талқыланып келе жатқан Дағдарысқа қарсы дүниежүзілік жоспар идеясы өте өзекті болып көрінеді.

Әлемді алаңдатып отырған маңызды мәселелер – терроризм, мемлекеттердің күйреуі, көші-қон және өзге де келеңсіз құбылыстар экономикалық дағдарыстың, кедейшіліктің, сауатсыздық пен жұмыссыздықтың салдарлары болып табылады.

(Соңы 2-бетте).

▲ АЛҚА МӘЖІЛІСІ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН

Қарасай ауданында 2014 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сот үкімімен 3 мемлекеттік қызметші сотталған. Биылғы жылы Жамбыл ауылдық округі әкімінің орынбасары ұсталған. Бұған қоса сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін 8 мемлекеттік қызметші тәртіптік жазаға тартылған. Бұл туралы облыстық әкімдікте өткен алқа отырысында облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат БИГЕЛДИЕВ айтты.

«Жетісу»
Мөруерт МОЛДАГАЛИЕВА

Күн тәртібінде «Қарасай Көксу аудандары әкімі аппараттарының Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын орындау жөніндегі жұмысы туралы» бір мәселе қаралды.

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ тәрағалық еткен алқа отырысына аудан, қала әкімдері, барлық деңгейдегі мәслихат хатшылары, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы тәрағасының бірінші орынбасары, облыстық департаменттер мен басқармалардың, аудан, қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің басшылары, кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Жемқорлықты түп-тамырымен жою мәселесі әлі де өзекті болғандықтан оны Елбасының өзі қатаң бақылауға алып отыр. Бізден облыста да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстары тоқтаусыз жүргізілуде. Себебі, сыбайлас жемқорлық мемлекетімізді ішнен іріткі және елімздің гүлденуі үшін әлгібай қызмет етіп жүрген адал жандардың прогрессил бастамалары мен ынтасын жоққа шығарады. Осы мақсатта облысымызда мемлекеттік қызмет көрсету саласын дамыту және аппарат жұмысын ақпараттандыру бойынша кешенді шаралар қабылдануда. Бұл өз кезегінде шенеуніктермен тікелей байланысты қысқартады, сыбайлас жемқорлық көріністерін тудыратын жағдайларды барынша азайтпақ.

Жиында алғаш болып сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат Бигелдиев Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа және кәленкелі экономикаға қарсы іс-қимыл стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі 2015–2017 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспарына сәйкес облыста атқарылып жатқан жұмыстарға егжей-тегжейлі тоқталған соң тіркелген заңбұзушылықтарды да назардан тыс қалдырмай, алдағы уақытта мұндай кемшіліктерді болдырмау үшін оны тізбектеп атап өтті.

– *Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқықбұзушылықтарға жол берліп басқаға және тұрғын үй беруге мұқтаж азаматтарды есепке алу тізімін жасауда, қоғамдық бақылауды және ашықтықты қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңын бұзушылықтар орын алуда. Аудан әкімдіктері, олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері тарапынан жіберілген заңбұзушылықтар, соның ішінде жер, тұрғын үй заңнамасының талаптарын білмеуі тұрғындардың жоғары тұрған органдарға көптеп шағымдануының себебі болып табылады. Қарасай ауданы әкімдігіне келіп түскен өтініштер заңда белгіленген нормаларды бұза отырып қаралады немесе мүлдем қаралмайды. Мысалы, ішкі саясат бөлімі тарапынан қазақ зағиттар қоғамының ұжымдық өтінішіне жауап берілмеген. Мұндай кемшіліктер облыс деңгейіндегі барлық аудан мен қала әкімдіктерінде орын алғандығын атап айтқым келеді.*

Мұның себебін әп Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын бұзушылықтары, аудан әкімдіктері, аудандық мемлекеттік орган басшылары тарапынан тиісті бақылау болмағандығынан, олардың жұмысында жүйелілктің жоқтығынан, тағайындалған кадрлардың нашар дайындығынан мемлекеттік орган қызметкерлері арасында аппараттық оқулар өткізілмеуінен деп түсіндірді.

Әкімдік мәжілісінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Сергей Потанин департаменттің атқарған жұмысын бағандап, анықталған құқықбұзушылықтарға тоқталса, Көксу ауданының әкімі Ғалым Тоқпейісов пен Қарасай ауданы әкімінің міндетін атқарушы Жұмаділ Нұрсұлтан мемлекеттік қызметкерлер жұмыстарында кемшілік жібермеу үшін сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылық фактілерінің алдын алу, оны анықтау және тыйым салу мақсатында ауданда атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырып, кемшілік жіберген мамандардың тәртіптік жауапкершілікке тольғымен тартылып, қазіргі таңда кемшіліктердің түгелдей түзетілгендігін және алдағы уақытта оның қайталанбайтындығын айтты. Облыс әкімі Амандық Баталов «мұндай кемшіліктің жіберілмеуін, әсіресе, мемлекеттік қызметкерлер арасында қатаң бақылау қажет», – деп ескертіп жасады.

Басқосу соңында күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаулы қабылданды.

▲ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІР КҮНІ

Кейінгі жылдары республикалардың басты-басты қалаларын, ауылаймақты көркейтіп, абаттандыру жұмыстары барынша қолға алынды. Сол қатарда облыс орталығы Талдықорған қаласының аумағы кеңейтіліп, жаңа шағын аудандар тұрғызыла бастады. Бұл үрдіс бүгінде жалғасын тауып, қазіргі таңда қала бойынша 50-ге тарта құрылыс алаңының жұмысы жүріп жатыр. Кеше ғана облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ, орынбасары Ғалымжан ӘБДІРАЙЫМОВ пен қала әкімі Ермек АЛПЫСОВ, облыстық басқарма басшылары мен құрылыс компаниясы мамандарының басын қосып, құрылыс алаңдарындағы жұмыс қарқынымен танысып, абаттандырудың сапасын тексеріп қайтты. Осы орайда қаладағы бірнеше нысан мен жол құрылысын, орталық базарды аралаған Амандық Ғаббасұлы қала көркін бүзып тұрған түстарды сынға алып, құзырлы орындарға олқылықтарды жуып арада түзету керектігін тапсырды.

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫНА СЫН АЙТЫЛДЫ

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Облыс әкімінің қолдауымен биыл Талдықорғанның әр аумағынан жаңа демалыс орындары жасалып, шаһарды көркейту ісі жаңа деңгейге көтерілуде. Сол қатарда Еркін айналмасынан ауежайға дейінгі трассаны абаттандыру бойынша да ілкімді істер атқарылуда. Дәл осы Еркін ауылының тұсында, Жансүгіров пен Тәуелсіздік көшелерінің Алматы – Өскемен тас жолымен түйісетін аумақта абаттандыру жұмысы қызу жүруде. Ондағы мақсат – Еркін ауылы мен «Тоғызыншы алаң» және «Шығыс» шағын ауданының тұрғындары үшін демалыс орнын құру. Демалыс аумағында жаңадан ағаштар отырғызылып, орындықтар қойылумен бірге жастар үшін ролик тебу алаңдары, түрлі спорттық жабдықтар қарастырылған. Демек, бұл жер сапауатты өмір салтын ұстанатын қала тұрғындары үшін таптырмас мекен болмақ. Сонымен қатар, бұл жер қалаға кіреберіс болғандықтан Талдықорғанға алғаш келген қонақтарға қаламыз туралы алғашқы әсерді сыйлайды. Сондықтан абаттандыру жұмысы жобаға сай жоғары деңгейде болғаны жөн. Өңір басшысы бірінші кезекте құрылыс жобасымен танысқан соң құрылыс жұмыстарына пайдаланылатын материалдардың сапасын тексеріп шықты. Оның жарамдылығы мен әдемілігін де назардан қағыс қалдырмады. Ал құрылысшылармен емен-жарқын өңгімелесіп, көзбояушылыққа салынбай, бұл жобаның ертеңгі үрпағымыз үшін керекті екенін есте ұстай отырып, сапалы жұмыс істеуді тапсырды. Облыс әкімімен көзбе-көз кездесіп, тапсырма алған жұмысшылар да міндетін мүлтіксіз атқаратындықтарына сендірді.

Әкім назарына ілікken тағы бір нысан – «Қаратал» шағын ауданындағы өзен жағалауына қоныс тепкен демалыс жағажайы. Қазіргі таңда ол жердегі жұмыстар да қарқын алуда. Айтпақшы, жаңа нысанның өзіндік ерекшелігі де бар. Мұнда талдықорғандықтардың серуендеуіне оңтайлы мүмкіндіктер қарастырылған. Ол жерлерде скейтдром және роллердром сынды спорттық алаңдар мен балаларға арналған ойын алаңқайлары болады. Бір сөзбен айтқанда, жас жеткіншектердің еркін уақыттарын тиімді өткізуне барлық жағдай жасалмақ. Сондай-ақ, әдемі орындықтармен қатар демалуға арналған түрлі күркелер (беседкалар) болады деп күтілуде. Бүгінде 11,3723 гектар аумақты алып жатқан құрылыс алаңындағы жұмыстарды «Шымыр» ЖШС бас мердігер компаниясы жүргізуде. Жұмыс жағдайын таныстырған компания басшысы Руслан Валишанов:

– Құрылыс жұмыстары 2014 жылғы 19 ақпанда басталған болатын. Егерде ауа райы қолайлы болып жатса, міндетелген тапсырманы қараша айының басына таман бітіреміз деп жоспарлап отырмыз, – деді.

Дәл қазіргі уақытта жолдың жиектеріне бордюрлер қойылып, жасыл желектерді суаруға арналған арықтар тартылуда. Жарық жүйесінің жұмыстары да аяқталуға жақын. Айта кетейік, демалыс орнының көгалдандыруына 65774, асфальт жолына 20185, серуендеуге арналған тротуарға 27220 және газонды аймақтарға 62774 шаршы метр орын көзделген. Сонымен қатар, белгіленген аймаққа ағаштар мен гүлзарлар отырғызу жағы қарастырылуда. Яғни, онда қайың, қарағай және шырша сынды жасыл желектердің қатарын көбейту жоспарда бар. Өзіңізге қарай, бұл жердегі жұмыстардың шалағай түстары да көп болып шықты. Алдымен жиектастардың сын көтермейтінін ескерткен өңір басшысы демалушылар отыратын орындықтардың да сапасыз материалдан жасалғанын атап көрсетті. Қолға қысып ұстап, сәл күш салсаң опырылып кететін жиектастарды бірнеше он жылдарға жоспарланған жобалық жұмысқа пайдаланған құрылысшы мамандарға облыс әкімі қатаң ескерту жасады. Тіпті, мұндай көзбояушылықтың қылмыспен тең екенін жеткізді. Сонымен құрылыс сапасына жауапты басқарма өкілдері мен құрылыс компанияларының мамандарына осы аумақтағы жиектастарды толығымен тексеріп, сапасыздарын алып тастап, басқа жиектас өндіретін компаниялардың өніміне ауыстыруды тапсырды. Бұл ескерту аяқсыз қалған жағдайда сол мекеме басшыларын қатаң жаза күтіп тұрғанын ашық білдірді.

(Соңы 2-бетте).

● *Егер ісім оңсін десең – ретін тап.*
● *Еңбек – қуаныш, жалқаулық – арылмас азап.*

Абай.

▲ МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Заңсыздыққа кім жауап береді?

Апта басында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Талдықорған қаласының құрылыс нысандарын аралау барысында қаланың орталығындағы сауда үйлерінің маңындағы сауда дүңгіршектері, рәтсіз салынған тамақтану орындары, дұрыс орналастырылмаған жарнамалар, ауызмұрнынан шыққан қоқыс жәшіктері мен арық жүйелеріне сын айтып, тиісті органдарға қаланың көркін бұзатын олқылықтарды жөнге келтіруді тапсырған еді. Ертесінде Талдықорған қаласының әкімі Ермек АЛПЫСОВТЫҢ тәрағалығымен шаһардағы сауда орындарының басшыларымен кездесу өтті. Жиынға төтенше жағдайлар департаменті, ішкі істер басқармасы және тұтынушылардың құқығын қорғау басқармасының өкілдері қатысып, сауда үйлеріндегі кемшіліктерді тізбектеп, олардың құрылтайшыларына ескерту жасалды. Өрескел заңбұзушылықтарды жоюға заңға сай уақыт берілді.

Талдықорған қаласының орталығына орналасқан сауда орталықтарының маңы ығы-жығы, қаптаған дүңгіршек. Ал жол жағалауына қатар-қатар тізілген шатырлы сауда нүктелерінен аяқ алып жүре алмайсың. Бақшасындағы өнімін қаланың кез келген жерінде саудалай беру салтқа айналды. Мына қиын заманда халықтың күнкөрісі үшін бұл да керек шығар деп ойлайсың. Алайда, осындай реттелдіктің кесірінен қаншама тәртіпсіздік орын алып, төтенше жағдайлар болып жатқанын көріп жүрміз. Кейінгі бірнеше жылдың аралығында бірнеше ірі сауда орталығы отқа оранып, қаншама тұрғынның тіршілігіне тұсау салды. Күні кеше ғана аяқкиім саудалайтын екі бірдей сауда орталығы жанып кетті. Жұрт әртүрлі болжам айтқанымен сол қауіпті шығуына қара базардағы тәртіпсіз тірлік кінәлі деместе шара жоқ. Өзіресе, биыл кімнің жол бергенін білмейміз, «Шаған» сауда орталығының алдындағы жаяу жүргіншілер жүретін жолды автотұраққа айналдырып алды. Ары-бері сабылысқан адаммен бірге ашы дауысын айқайлатқан көліктер тізбегі кәсіпкерлердің де, қала тұрғындарының да мазасын алып бітті. Жиналыс барысында төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері бұл келеңсіздік тез арада шешімін таппаса, әлі талай қиын жағдайдың туындау мүмкіндігін алға тартты.

Ал тұтынушылар құқығын қорғау саласының мамандары осындай жайбайы сауда нүктелерінде күн сайын тұтынушылардың құқығы бұзылғанын тілге тиек етті. Мәселен, азық-түліктің сапасыздығы, көпшілік өнімнің халықаралық стандарттарға сай еместігі, кейбіріңде қазақ тілінде толық мағлұмат бермейтіні, тіпті өнімдер құрамының сыртында көрсетілген жарнамасынан алшақ кететіні де бар. Заң жүзінде сатушы мен тұтынушы теңқұқылы болғанымен тараты басы тең болмай тұрғаны өкінішті-ақ. ҚР Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңына сүйенсек, тұтынушы сапалы, қауіпсіз тауарлар сатып алуға, еркін таңдау жасауға, сатып алатын тауар және сатушы туралы толық ақпарат алуға, тауарды айырбастауға немесе қайтарып беруге, келтірілген зиянды өтеуге өтем талап етуге құқылы.

Тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау тиісті мемлекеттік органдар мен сот орындарына өз құзыреттері шеңберінде жүктелген. Әйтсе де, өзінің заңды құқығын білмейтін тұтынушылар мен заңды белден басатын сатушылардың саны көп. Өз құқығын қорғау үшін құзырлы орындарға шағымдануды ұсақ-түйек санайтын тұтынушылар да жеткілікті. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, түскен арызға немқұрайды қарап, сағызша созып алатын құқық қорғаушылар да бар. Мұны жыпында сот алған ішкі істер саласының өкілдері де растады.

Қонақтардың сөзінен қара базарда қайнаған тірліктен гөрі тәртіпсіздіктің көп екенін білдік. Алайда, «Көше бойындағы дүңгіршектер мен шатырлы сауда нүктелерін салуға, жарамсыз жарнамаларды орналастыруға, қоқыс жәшіктерін бей-берекет қоюға кім рұқсат беріп отыр?» деген сұрақ жауапсыз қалды. Сол сауда орындарын қалтасынан қаржы шығарып салған да қарапайым халық. Енді рұқсат етілген қағазын көтеріп жүріп, заңсыздыққа жауап беретін, жұмысын тоқтататын, айыпұл төлейтін де солар. Облыс әкімі Амандық Баталовтың сөзімен айтсақ: «Осындай заңсыздыққа жол беріп отырған мекемелер де жауапкершілікке тартылуы керек». Бізді түйін осы.

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Сәрсенбі күні Талдықорған қаласы әкімінің тапсыруымен қалалық сәулет және қалақұрылысы мен кәсіпкерлік бөлімінің қызметкерлері учаскелік полиция инспекторларымен бірігіп қоғамдық орындар мен сауда үйлері маңына тағы да тексеру жүргізіп, жабайы саудаға жол берушілерге хаттама толтырып, әкімшілік айыпұл салды. Кезінде тиісті талаптарды сақтамағандықтан өртенің кеткен "Астананың" бүгінгі сиқы да мәз емес. Тауар ана көшесіне қарайтын есіктерінің алдынғы тұсы ретсіз саудаға мейлінше ерік берген. Бірсыпыра дүңгіршектерінің алдын өз иеліктеріне алып, төбесін шатырдан алса, енді бірі көс нысанның арасындағы тар жолға дүкен қойып алған. Тексеру барысында заң талаптарын өрескел бұзған саудагерлерге хаттама толтырылып, айыпұл салынды. Оларда ешқандай құжаты жоқ өзбек ағайындардың жұмыс істеп жүргені де анықталды. Рейд барысында құжаты жоқ бірнеше шетел азаматы қалалық ІІБ қабылдау-тарату пунктіне жеткізілді. Қоғамдық орындарда сауда жасайтындардың көбірінде жалған құжаттардың барлығы анықталған. Мамандардың айтуынша, енді ігі жерде мұндай азаматтармен де күрес күшейетін болады.

Қ. ШАҚЛИН.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Жетісу

№ 117 (18105)
Бейсенбі 15 қазан, 2015 жыл

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары!

«Таза болса табиғат, аман болар адамзат» дегендей, еліміздегі экологиялық ахуалдың жақсаруы, тазалықтың сақталуы қоғамның әрбір мүшесіне байланысты.

Осы орайда 2015 жылғы 17 қазан күні Алматы облысы аумағында жалпыоблыстық сенбілік өтетінін хабарлаймыз. Сенбілік барысында арнайы бөлінген техникалар Талдықорған қаласы мен елді мекендердің көшелерінде жиналған күл-қоқыстарды тиеп, арнайы орындарға алып кететін болады. Сондықтан облыс орталығы тұрғындарын үйлерінің маңайын тазалап, күл-қоқыстарды жинап, сенбілікке біркісідей атсалысуға шақырамыз.

Сонымен бірге 17 қазан күні облыстағы аудан, қалаларда да сенбілік өтетінін хабарлаймыз. Тазалық шарасы сағат 09.00-де басталады.

ОБЛЫСТЫҚ ШТАБ.

▲ СҮЙІНШІ!



Айдын АЙЫМБЕТОВ – Халық Қаһарманы

Аспанға аяқ басқан Алаштың үшінші ұлы Айдын АЙЫМБЕТОВКЕ кеше Елбасының Жарлығымен «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Туған жерінің төпырағына төнген экологиялық қауіп-қатерді ғарыштан өн күн бойы бақылап, Арал және Каспий теңіздеріне ғылыми зерттеу жүргізіп қайтқан қазақ қыраны атқарған міндет құрауар. Көк Туымызды көкте желбіретіп, ұлан-байтақ Ұлы Даламызға ғарыш кеністігінен көз тіккен ғарышкер ұлтымыздың абыройын асқақ етті. Сонымен бірге, ол кеше Президенттің Жарлығымен еліміздегі ең құрметті «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» деген мәртебелі атақты алды.

Арғы-бергі тарихта адамзаттың асыл арманы болып келген аспан әлемі қазақтың үшінші ғарышкеріне құшағын ашты. Жер жаннатында қанатын қатайтқан қыран қырық үш жылдан кейін жұлдыздарға жол салды. Ол алғаш адамға аспанды бағындырып берген Байқоңыр ғарыш айлағынан Айға самғап, тартылысы жоқ кеңістікте ұлттық тағамдарды таныстырды. Ай жолында өткен оңкүндік тарихи сапарында ғарышкер аядай ғана жұмыр жерден Қазақстанның үлкен орын алып жатқанын, туған жерінің жасыл желекті табиғатына таңдана қарап отырғанын қуана жеткізіп отырды.


Байқоңырдан көтерілген әуе кемесі халықаралық ғарыш бекетіне бекіген соң Айдын Аймбетов әріптестерімен бірге өзіне міндеттелген ғылыми зерттеу жұмысын бастап кетті. Әсіресе, Алаштың ұланы қазақ даласының үстінен өткен кездегі ерекше тебіреністін жасырған жоқ. «Ғарыштан біздің жер өте әдемі болып көрінеді, – дейді Айдын өз жерімен бөлісken кезде. – Қазақстанның үстімен өткендегі сезімімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Өзіңіз ойлаңызшы, қазақ жерімен ұшу ұзақтығы небәрі екі-ақ минутқа созылады. Бірақ сол сананұлы минутқа менің Отаныма деген ыстық сезімім сыйып кетті». Ақ білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың Ұлы Даласы ғарыштағы Айдынның көзімен сондай көркем, сондай әдемі.

Көк жүзінен адам өміріне аса қауіпті радиация деңгейін анықтап, медициналық және биологиялық зерттеу жасаған Жетісудың жұлдыздарға жол салған жампозы ел құрметіне бөленді. Елбасының Жарлығында: «Ғарыш кеністігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі, ғарышқа ұшу кезінде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін Қазақстан Республикасының ғарышкері Айдын Ақанұлы Аймбетовке «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын Жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын», – деп жазылған. Бүкіләлемдік тартылыс күшін жеңіп, жеті қат көкке самаған қазақтың үшінші ғарышкерін жерлестері де шын жүректен құттықтайды.

▲ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

КӨКСУ ҚАНТЫ ТҰТЫНУШЫҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Көзді ашып-жұмғанша күздің екінші айына да аяқ бастық. Бұл уақыт жиын-терін науқанының нағыз қызған шағы. Ауа райының қолайлы сәтін тиімді пайдалануды ойлаған шаруалар қазір алқаптағы жұмыс көрігін қыздыруда. Соған орай облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Көксу ауданы, Теректі ауылындағы «Алим-Таяр» шаруа қожалығының егіс алқабында болып, жүріп жатқан қауырт жұмыспен танысты. Жаңа іске қосылған қант зауытын да көріп, көпшіліктің көптен күткен қуанышымен бөлісіп қайтты.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Амандық Ғаббасұлы алдымен аталмыш шаруашылық алқабындағы қызылша жинау ісіне назар аударды. Алқапта қызу тірлік жүріп жатты. Комбайннан трактор тіркемелеріне төгіліп жатқан бағалы дақылдың көлемі атбасындай. Оны көрген облыс басшысының көңілі толып:

– Қызылшаның қазіргі салмағы шамамен бес келіні құрайды. Осыған қарап-ақ болжамдағы көрсеткішке қол жеткіземіз деген ойдамын. Бұл үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалды ғой, – дей келе, мұның бәрі тынымсыз еңбек пен мемлекет қолдауының арқасында жеткен табыс екендігін әңгімеледі.

Шаруа қожалығының басшысы Таяр Зейналовтың айтуынша, былтыр олар барлығы 45 гектар жерге тәтті түбір тұқымын екке, биыл оны 68 гектарға ұлғайтыпты. Өнім жинау жұмысына «Алаң» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі базасында құрылған сервистік дайындау орталығының «Фаиц Клайне» комбайны, СПС – 4,2 қызылша тиегіші, екі трактор және екі «КамАЗ» автокөлігі жұмылдырылған. Бүгінгі күнге дейін төрт гектар жерден қант қызылшасы жиналған. Ал оның әр гектары орта есеппен алғанда 380 центнерден айналса, канттылығы 15 пайызды құрайды. Сондай-ақ, көкөніс пен бақшалық дақылдар да себіліпті. Олардың да өнімділігі жаман емес көрінеді. Жалпы, бұл жерде барлығы қырыкка жуық адам жұмыспен камтамасыз етілген. Бір сөзбен айтқанда, биылғы қызылшаның шығымы жаман емес.

Бұл жөнінде Көксу ауданының әкімі Ғалым Тоқпейісов те өз ойын білдірді. Биыл аудан бойынша барлығы 830 гектар жерге қант қызылшасы егілген. Зауытқа 24 мың тонна өнім өткізу жоспарланса, қазірге дейін 5 мың тоннаға жуығы өткізілін те үлгерген. Ал оның орташа шығымдылығы 300-350 центнерді құрайды. Жалпы, бұл науқан қараша айының соңына дейін толық аяқталады деп жоспарлануда. Егер, жұмыс барысы осы қарқынмен жалғасатын болса, берілген тапсырма ойдағыдай орындалмақ. Қажетті техникалармен де толығымен камтамасыз етіліпті.

Амандық Ғаббасұлы жаңа іске қосылған Көксу қант зауытын аралап көрді. Осы жөнінде қысқаша мағлұмат беріп өтейік. Бұл кәсіпорынды қант алғаш 1934 жылы шығарылған екен. Ашылған кезде оның қуаттылығы тәулігіне 180 тонманы құрапты. 1940–1941 жылдары қант зауыты болып қайта құрылып, өнімділігі 900 тоннаға, 1965 жылы 1800 тоннаға дейін жеткізілген. Ал 1993 жылы Киров атындағы Талдықорған қант зауыты «Көксу шекер» АҚ «Орталық Азия қант корпорациясы» ЖШС-нің филиалы ретінде қайта құрылып, кәсіпорынның барлық активтері корпорацияның меншігіне берілген. Ал былтырдан бастап «Көксу қант зауыты» ЖШС болып аталуда. 2013–2014 жылдары шикізат көлемі зауыттың толық қуаттылығына шыға алмағандықтан өнім Жамбыл облысының Мерке қант зауытына өңдеуге жіберілген.

Бүгінде кәсіпорын алаңындағы тау болып үйілген қызылша анадайдан көз тартады. Кәсіпорынға кіре бере тіркемелеріне қызылша тиеген автокөліктер бірінен соң бірі кезек күтіп, өнім өткізуге асығуда. Кәсіпорын алаңында жүріп жатқан қауырт тірлікпен танысқан облыс басшысы бірден зауыт ішіне енді. Кәсіпорын ірікіліссіз жұмыс істеп тұр. Тоқтаусыз жүріп жатқан жұмыс үрдісі автоматты түрде жүзеге асырылуда. Дақылдар арнайы құрылғылар арқылы жуылып, шайылып, туралып, кәдімгі тәтті қантқа айналып жатыр. Дайын өнімді алаканына салып, дәмін татқан Амандық Ғаббасұлының жүзінен ерекше қуаныш лебі сезіліп, көптен күткен жақсы жетістікке өз ризашылығын білдірді.

Көксу ауданы.

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ:

– Қашанда мандай термен келген еңбектің дәмі тәтті ғой. Өздеріңіз оған тағы көз жеткізіп отырсыздар. Сондықтан, осы іспен шұғылданып жүрген барлық дақпатқа күтпы болсын айтқым келеді. Шынымен де Жетісу өңірінен шыққан мына қантты көрсетуде қуанышымыз кудемізге сыймай, ерекше толқыдық. Біз мол табысқа жету мақсатында шаруаларға барлық көмекті көрсетіп, техникалармен де қамтамасыз еттік, әрине, мұның бәрі оңай шаруа болған жоқ. Еңбеккерлер де өз жұмыстарын әбден сақыпкендарын айтып, көздеріне жас алуда. Өздеріңіз білесіздер, Елбасы Жетісу жеріне келген іссапары барысында бізге осы істі қайта жаңғыртуға байланысты арнайы тапсырма берген болатын. Биыл соны орындау үшін төрт мың гектарға тәтті түбір екпік. Ал келесі жылы оны алты мың гектарға ұлғайтуды көздет отырмыз. Бүгінге дейін зауытқа жиырма мың тоннадан аса өнім жеткізді. Бұл көрсеткіш әлі де өсетін болады. Сондықтан, берілген тапсырмаға сәйкес бүгін әлі де күш салып, жұмысты одан сайын жандандырмақпыз. Зауыттан шыққан дайын өнім өз еліміске таразды. Артылса, шет мемлекеттерге экспорттаттын болады.

«Жетісу»
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Баспасөз – 2016

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН! Баспасөзге 2016 жылға жазылу басталды!

Ғасыр өтсе де, уақыт ауысса да өзгермейтін қағида, Алаштың ақылы перзенті Ахмет Байтұрсынұлынан қалған қанатты сөз бар. Ұлттың ұстазы атанған қайраткер: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» дегенді текке айтпаса керек. Заман қанша дамып, электронды технологияның дәуірі келді десек те, басылымсыз қоғамды елестету мүмкін емес. Елеңсіз бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндегі баспасөз саласы уақыт ағымымен бірге жалғасын тауып, өз арнасымен жүре беретінді дәусіз.

Одай болса, қазақ баспасөзінің көш басында тұрған тарихы терең байырғы басылым – облыстық «Жетісу» газетіне 2016 жылға жазылу басталды. Облыс тынысын, ел жаңалықтарын оқып, өздеріңізді толғандырып жүрген мәселелермен ой бөліскіңіз келсе, келер жылдың тұрақты оқырманына айналып, басылымға жазылуды ұмытпаңыз, ардақты оқырман!

		6 айға			12 айға		
	Индексі	облыс орталығы	қала	ауыл	облыс орталығы	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	3356,44	3513,60	3725,28	6712,88	7027,20	7450,56
Зейнеткерлер үшін	35469	2072,68	2229,84	2441,52	4145,36	4459,68	4883,04
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2179,24	2336,40	2548,08	4358,48	4672,80	5096,16
Жалпы жеке жазылу	65469	2286,52	2443,68	2655,36	4573,04	4887,36	5310,72

АЛ, ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ, ЖҰМАХАН БАЛАПАНОВ КӨШЕСІ, 28-ҮЙ, 4-ҚАБАТТА ОРНАЛАСҚАН «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА КЕЛІП, БАЛАМА ЖАЗЫЛЫП, ГАЗЕТТІ ОСЫ МЕКЕНЖАЙДАН АЛЫП ТҰРУДЫ ҚАЛАСАҢЫЗ, ОНДА:

	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	2800	5600
Зейнеткерлер үшін	1550	3100
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1700	3400
Жалпы жеке жазылу	1850	3700



8(7272) 79-13-37, 8(7282) 41-10-56

«Жетісу» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 3-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға	12 айға
■ Заңды тұлғалар үшін 2500 теңге.	■ Заңды тұлғалар үшін 5000 теңге.
■ Зейнеткерлер үшін 1300 теңге.	■ Зейнеткерлер үшін 2600 теңге.
■ Жалпы жеке жазылу 1500 теңге.	■ Жалпы жеке жазылу 3000 теңге.
■ Бюджеттік мекеме қызметкерлері үшін 1400 теңге.	■ Бюджеттік мекеме қызметкерлері үшін 2800 теңге.

НАҚТЫ қадам

ТАТУЛЫҚ, БІРЛІК, ЫНТЫМАҚ

«Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» – елімізді алға жетелейтін бағдарламалардың бірі. Әлемдік дағдарыстан шығу жолында құрылған Ұлт жоспары мемлекетіміздің 30 дамыған ел қатарына қосылуға, экономика, ғылым мен білімді алға жетелеуге үлкен жол ашпақ.

Ұлттық жоспарда Қазақстанның болашағы жастарды үш тілге оқытуға және қазақ мәдениеті мен дәстүріне ортақтастыруға, бірлігіміз жарасқан елдің мүмкіндіктерін үстем етеді. Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы мен «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығында» жастар «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», «Мәңгілік Ел», «100 нақты қадам» секілді Нұрсұлтан Әбішұлының бағдарламаларын насихаттау жұмыстарын жиі өткізіп тұрады. Осы ретте «Огни Алатау» газетінің бас редакторы А.Идиговтың қатысуымен жастарға «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын түсіндіруде БАҚ-тың рөлі» атты «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Бұған қоса Достық үйінде облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының жанынан құрылған «Парасат» клубы, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтетін, сондай-ақ, халқымыздың салт-дәстүрінің мағынасын ашып, оны одан әрі дамытуға мүдделі өзге этнос өкілдерінің басын біріктіретін ерікті ұйымның жұмыс істеуіне жағдай жасалғанын айтуға болады.

Қазіргі ұлан-байтақ елімізде, бір шаңырақ астында барлық этнос өкілдерінің тату-тәтті тұрып жатқаны бүкіл әлем мойындап отыр. Қазақ мәдениетіне ортақтастыру бағытында да біршама жұмыстар атқарылып жатыр. Атап айтсақ, «Қоғамдық келісім орталығында» қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрінің шеберлері атадәстүріміздің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына үлес қосуда. Мұнда кез келген этнос өкілдерінің қазақ халқының көлөнерімен және мәдениетімен танысуға мүмкіндігі бар.

Елбасының «100 нақты қадам» бағдарламасында айтылған бірлік жайлы тармағында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы мен «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығы» мамандарының атқарып жатқан жұмысы орасан зор. Жетісу жерінде 100-ден астам этнос өкілдері шоғырланған, Достық үйінде 23 облыстық этномәдени бірлестік өз жұмыстарын істеуде. «Бейбітшілік пен келісім жол картасы» мегажобасы аясында Ақмола облысы мен Астана, Көкшетау қалаларына Алматы облысының делегаттары іс-тәжірибе алмасу негізінде барып қайтты. Аталған қалаларда Елбасының «100 нақты қадам» бағдарламасын насихаттау жұмыстары, «Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік этносаясатты іске асырудың ролі» атты «дөңгелек үстел» өткізілді. Ондағы мақсаты – төлеранттылық идеяны насихаттау, Қазақстан халқының бірлігін арттыру, аймақтық Ассамблеялар арасында мәдени қарым-қатынасты орнату.

Алдағы уақытта да мемлекеттігіміздің мәңгілік болуының қайнар бұлағы рухани мұраларымызды сақтау, насихаттау, ел негілігіне жарату бағытында шаралар атқарылмақ. «Байлықтан артық достық бар, достықтан артық байлық жоқ» дейді халқымыз. Біздің басты байлық – елдің татулығы, бірлігі, ынтымағы.

Ж. СӘДЕКОВ,
«Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығы» КММ директоры.

▲ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАУ КҮНІ

САПА – басты көрсеткіш

Кәсіпкерлердің мүмкіндігін нарық жағдайы мен өнімнің сапасы белгілейді. Десе де отандық өнімнің сапасын арттыру жолында бірқатар тыңғылықты шаралар да атқарылу үстінде. Бұл туралы «Халықаралық стандарттау күніне» орай І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде өткен семинарда сөз болды.

«Жетісу»
Қазет АНДАС

«Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК облыстық филиалы мен техникалық реттеу және метрология комитетінің облыстық департаменті бірлесіп ұйымдастырған шарага өндірегі бизнес қоғамдастықтардың, облыстық департаменттердің, облыстық кәсіпкерлік палатасының өкілдері мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенттері қатысты. Жиналысты техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы облыстық департаменті басшысының орынбасары Апсамет Акимов жүргізіп, негізгі баяндаманы жасады. Осыдан кейін «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК облыстық филиалының директоры Мариям Жетібаева, биология ғылымдарының кандидаты, доцент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі Жамбыл Қанағатов, облыстық кәсіпкерлік палатасының бірінші санатты сарапшысы Ардақ Сапаргалиева, «Метаком» ЖШС-нің сапа жөніндегі инженері Галина Мышанскаядар еліміздегі стандарттау мен сертификаттау салаларындағы жаңалықтарды сөз етті.

Айта кетерлігі, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде кейінгі жылдары осы сала мамандары даярлана бастапты. Қазір аталған мамандықты меңгерген жастар елімізбен облысымыздың түкпір-түкпірінде қызмет істеп, қоғам дамуына өзіндік үлестерін қосуда. Университет өкілдері аталмыш мамандыққа деген сұраныстың жыл өткен сайын артып келе жатқанын жеткізді. Биылғы жылы оқу орнында стандарттау мамандығына 45 студентті қабылдаған.

Семинардың соңында мамандар көпшілікті техникалық реттеу, стандарттау, даму және реформалау жүйесіне белсене атсалысуға шақырды.

ӨНЕГЕ

Осы күнгі ұрпақ шын бақытты. Қазіргі жастар қолына бір істі алса, ешкім кедергі келтірмейді. Керісінше, алдыңғы буын ағалар жастардың қолтығынан демеп, келешегіне жарқын жол сілтейді. Елбасының өзі әр Жолдауында жастарға ерекше екпін түсіріп, зор сенім артуды ұмыт қалдырған емес. Өскелең ұрпақ мұны өздеріне артылған үлкен жауапкершілік деп түсінуі қажет.



Суретті түсірген: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

АР АЛДЫНДАҒЫ АДАЛДЫҚ

Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

Жұма күні «Игі істер өлмейді, ізгі ойлар өшпейді» деген студент жастар облыстық «Нұр Отан» партиясының мәжіліс залында білгенін үйретіп, әрдайым қамқорлық танытып жүрген ел ағасы, ұлт жанашыры, облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы **Әміре Әріннен** кездесті. Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен өткен бұл шараның басты мақсаты — тұлғалы азаматтарымызбен өскелең ұрпақ арасындағы қарым-қатынасты нығайту және аға-әпкелеріміздің өмір жолымен жастарды таныстырып, олардың бойына патриоттық рух орнату. Кездесудің мәні мен мақсатын «Жастар» ресурстық орталығының директоры, «Жас Отан» Жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Айдын Нұрмұхамбетов осылай түсіндірді.

Айтары бар ағалар қай кезде де қоғамды ізгілік пен мейірімге тәрбиелеген. Алдыңғы буын ағалар салған сара жол кейінгі ұрпаққа өнеге болып қалыптасуы тиіс. Қазақ халқы үлкеннің алдын кеспеген. Ел ағалары өздерінің сан қилы тағдырынан түйгенін жастарға айтып, олардың енді өрілген өмір жолын дұрыс бағыттауға күш салады. Жастармен емен-жарқын сырласу кешінде Әміре Әрін тарих пен тағдыр тоғысынан өнегелі ой айтып, жастардың қолына рухани шамшырақ ұстатты.

— *Кез келген жан ең алдымен өз ұлты мен арының алдында адал болуы керек. Білімдарлықпен Ұлы Дала елінің өркендеуіне үлкен үлес қосуды әрбір жастың мақсат еткені абзал. «Мәңгілік Ел» идеясын түсініп, ұлт жанашыры болуға ұмтылыңдар. Бұған қоса, әрқайсысың салауатты өмір салтын ұстануды әдетке айналдырыңдар. Ол үшін сендерге барлық мүмкіндік бар*, — деген ол жиналған жастарға қазақ ғылымы, тарихы, өркениеті жөнінде тағылымды әңгіме өрбітті. Ағаларының бала кездегі естелігі мен өмірлік ұстанымы жөнінде айтылған өнегелі сырдан ерекше әсер алғандары жастардың жүзінен аңғарылып-ақ тұрды. Кездесу барысында олар Әміре Әрінге сұрақ қою мүмкіндігін кеңінен пайдаланып, тұщымды зауаптар алды.

Көңілді тарқасқан қала жастары мұндай кездесулер алдағы уақытта да жалғасын тапса деген тілектерін білдірді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Бизнес құру рәсімі жеңілдеді

ҚР «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңының 1, 4 баптарына сәйкес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеруді, Бизнес-сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, оларға мемлекеттік тіркеу туралы анықтама беруді, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізуді қамтитындығы белгіленген.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді әділет органдары (тіркеуші орган) жүзеге асырады. 2013 жылдан бастап шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу рұқсат тәртібінен ескертпе тәртібіне көшу арқылы және мемлекеттік қызметтерін көрсету процесіне ақпараттық технологияларды белсенді енгізу арқылы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу рәсіміне түбегейлі өзгерістер енгізілген.

Қазіргі таңда шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін кәсіпкерге тек қана тіркеу алымын төлеп, тіркеуші органға хабарлама жіберу керек. Хабарлама «Электрондық үкіметтің» веб-порталында толтырылады және төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. Тіркеу «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер базасында автоматты түрде жүзеге асырылады.

Тіркеу барысында құжаттардың қағаз түрлерінің қажет еместігі маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта заңды тұлғаның мекенжайын дәлелдейтін құжатты және салық берешегі жоқтығы туралы анықтаманы тіркеуші органға тапсыру қажет емес. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың жарғысын тапсыру қажет емес (акционерлік қоғамдардан басқасы). Бұдан басқа, тіркеу рәсімін дайындау уақытын қысқарту және әкімшілік ауыртпалықты төмендету мақсатымен тіркеу куәлігінің қағаз түрі заңды тұлға «Электрондық үкіметтің» веб-порталында өз бетімен шығара алатын немесе ХҚКО арқылы алынатын электрондық анықтамаға ауыстырылған. Бұл шаралар бизнесті бір күн ішінде ашуға мүмкіндік береді, бұл Қазақстан Республикасы «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңында белгіленген, ал бұрын тіркеу рәсімі 7 күнге созылатын. Сонымен қатар, заңды тұлғаның іс-әрекетін тоқтату тіркеуінің тәртібі жеңілдетілген, атап айтсақ, бұрын талап етілетін құжаттар тізімінен тарату балансы, оны бекіту туралы шешімі алынды.

Бүгінгі таңда әділет органдарының ведомстволық ақпараттық жүйелері кіріс органдарымен тығыз байланыста жұмыс істейді, бұл заңды тұлғаның іс-әрекетін тоқтату тіркеуінің мерзімін 10 күннен 5 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Болашақта бұл қызметті электрондық форматқа ауыстыру жоспарлануда. Мемлекеттік қызметтер көрсету механизмін жеңілдету жөнінде қолданыстағы заңнамаға енгізілген өзгерістер еліміздің инвестициялық климатын жақсартып, бизнес саласының дамуына апаратыны сөзсіз. Өйткені әділет органдарының басты міндеті – мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру болып табылады.

Ш. АЛДАКЕНОВА,
облыстық әділет департаментінің
заңды тұлғаларды тіркеу
жұмысын ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы.

ИНВЕСТИЦИЯ

Испандықтар қызығушылық танытты

Бүгінгі таңда су тапшылығы Орталық Азия елдері үшін аса күрделі мәселелердің біріне айналды. Сондықтан Қазақстанда жерүсті суларын жаңа технология арқылы пайдалану әдістеріне көшу қолға алынуда. Осы мақсатта «Қазсу шаруашылығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мамандары Испанияға барып, жерүсті суларын тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдерін, озық технологияларын көріп қайтқан еді. Сол сапарда болған «Қазсу шаруашылығы» Панфилов аудандық бөлімінің басшысы Тоқтарбай Керімқұловпен әңгімелесіп, Испания әсерімен бөлістік.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

– Жол түсіп, өткен жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасы су пайдаланушылар қауымдастығының президенті Нұрлан Атшабаров, «Казсушар» РМК Алматы облысы филиалының директоры Сейілхан Мухамадиевпен бірге Испанияға іскерлік сапармен бір аптаға барып қайттық. Мақсатымыз – жерүсті суын тиімді пайдаланудағы Испания мамандарының іс-тәжірибесімен танысу және осы саладағы жаңа технологиялар жетістіктерін көзбен көру болды. Жалпы сапарымыз сәтті болды. Барселона әуежайында бізді қазақтың жиені Светлана есімді қыз күтіп алды. Қайда жүрсе де туыстұғанын іздей жүретін қазақтың әдетімен бұл оқиғаны сапардың сәтіне баладық.

Барселонадан кейін Лоленсия қаласына беттеп, осыдағы «RAES» атты зауытқа келдік. Бұл зауыт негізінен егістікті жаңбырлатып суғаратын алюминийден жасалатын қондырғы шығарады екен. Өте жеңіл, жұмыс жасауға ыңғайлы. Ұзындығы 6 метр, диаметрі 40 мм, салмағы бар-жоғы екі келі ғана.

Зауыт қазір жүзге тарта мемлекетпен қарым-қатынас жасайтын көрінеді. Егістік жер көлеміне алынатын судың мөлшеріне қарай қондырғы жер үстіне қойылады да бір-біріне жалғау арқылы іске қосылады. Жалғау да жеңіл, өте қарапайым жасалған. Егістікке келетін судың екпініне байланысты қондырғыны тікелей жалғауға болады және су екпіні нашар болған жағдайда, егіс көлеміне қарай кішігірім су қоймасын жасап, сол арқылы ылғалдандырылатынын көрдік. Қойманы жасау да көп шығынды қажет етпейді екен, біздегідей бетоннан құймайды. Су қоймасын құммен қаптайды да, үстіне су өткізбейтін геомембрана (каучуктен жасалынған) төсейді. Оның көлемін де егістіктің мөлшеріне қарай жасайтынын көрдік.

Жаңбырлатып суғаруда ең алдымен жер құнарлылығын жоғалтпайды және 3-4 есе су аз жұмсалады. Кез келген тыңайтқышты сумен езіп беретін жеке қондырғысы бар. Ол тыңайтқыштың өсімдікке әсерін күшейтеді. Осы тиімділіктердің нәтижесінде дақыл өнімділігі екі есеге артады. Әрине, бұл қондырғыларды Испаниядан жасап әкелсек, одан пайда алуымыз мүмкін емес. Қондырғыны өзімізде шығаратын болсақ, онда ол әлдеқайда арзанға түспек. Егер оны өзіміздің алюминийден шығарсақ, онда тіптен тиімді болары сөзсіз.

Сапар барысында Лорида мен Тарагона аймақтарындағы су тоспалары мен қоймаларының, су электр стансыларының жұмысын және су қоймаларына төсейтін геомембрана жасайтын «НУМА» компаниясының жаңа технологияны іске асырудағы жетістіктерін көріп, төсеніштің 30 жылға шыдайтынын білдік.

Испанияның XIX ғасырдағы ұлы суретшісі Валенсияның атымен аталатын Турия өзенінің бойына орналасқан Валенсия қаласына 25 қыркүйек күні келдік. Бір миллион халық тұратын аймақ жеміс-жидектің ең көп өсетін мекені деп есептеледі. Жеңіл өнеркәсіп жақсы дамыған қаладағы «PROEMISA» зауытында болдық. Бұл зауыт су тосқауылын жасайтын тетіктер мен қақпаларын озық технологиялық әдіспен шығаратын өндіріс орны екен. Соңында Барселона қаласында біздің сапарымызды ұйымдастырған "Buladrica" компаниясы өкілдерімен бірге көрген-білгеніміз жайында қорытынды жасадық. Осы орайда, «RAES» компаниясының мамандарын еліміздің ауылшаруашылығын көріп, танысып қайтуға шақырдық.

Бұл компанияға біздің елден бір гектар жер беріп, қанатқақты жоба жасап, өз есептерінен жаңбырлатып суғару қондырғысын қойып, нақты тәжірибесін шаруа қожалықтарына көрсетуді өтіндік. Олар тілегімізді қуана қабыл алды. Міне, біздің бір жетідегі көріп-біліп, ойға түйіп, қажет-ау, деп қаперге алғанымыз.

Осы сапардан бір айдан соң «RAES» компаниясының өкілдері Қазақстанға келді. Күтіп алып та уәде бойынша Панфилов ауданына әкелдік. Жаркент өңірі негізінде жүгері өсіретін құтты мекен. Ауданда 5 мыңнан астам шаруа қожалығы бар. Біз осылардың арасынан жаңа технологияны енгізуге ынталы 200-ден астам шаруа қожалығын жинап, қонақтармен кездесу өткіздік. Испандықтар өздерінің жаңбырлатып суғару технологиясының тиімділігі мен әдістері жайында толық мағлұмат берді. Олардың технологиясын таныстыру үшін өңірдегі ең қуатты шаруашылық – облыстық мәслихат депутаты Тасқын Жапарқұл басқаратын «Ернар» ЖШҚ жерінен бір гектар алқап бөлдік. Оны өздеріне апарып көрсеттік. Олар құптап, қабылдады. Енді көктемде істі бастамақшы.

Испандықтарды Жаркент өңіріне шақыруымыздың себебі, аудан ҚХР-мен шекаралас. Ұлы Жібек жолы мен «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автомагистралының бойына орналасқан. Шекара аймағында «Құрғақ порт» салынып, іске қосылды. Оның жанында болашақта логистикалық және индустриялдық орталықтар салынады. Ең маңыздысы, мұнда «Қорғас – Шығыс қақпасы» атты арнайы экономикалық аймақ құрылған. Яғни, кез келген инвесторға тегін жер беріліп, батыл инвестиция салуына мүмкіндік жасалады. Олар заңнама бойынша салықтан босатылады. Осы тиімділікті оларға түсіндіріп, теміржол, тас жолмен, «Құрғақ порттың» жұмысымен таныстырып, басшыларымен кездестіріп, бірнеше сағатқа созылған түсініктеме әңгіме өтті. Сөйтіп, оларды мұндағы мүмкіндіктер қатты қызықтырды.

Жоғарыда айтқанымыздай, біз қондырғыны Испаниядан тасып әкеле алмаймыз, өзіндік құны жоғары. Сондықтан, олармен алюминийден жасалатын қондырғы шығаратын зауытты осында құруға келісу қалды. Сонда өңірімізге жаңбырлатып суғару қондырғысын арзанға қоюға мүмкіндік туады. Шаруа қожалықтарының еңсесі бір көтеріліп, суды тиімді пайдалану әдісін іске асыруға нақты қадам жасайтын едік. Панфилов ауданынан бастау алатын жеті өзеннің артылған суы Іле өзеніне құйылып, Қапшағай су қоймасы мен Балқаш көліндегі жағдайды жеңілдетуге септігі тиетіні сөзсіз. Инвесторларға өз қондырғыларын шекарамыз арқылы Шығыс Азия елдеріне шығаруға мүмкіндік туады. Ендігі мәселе осы жобаны жүзеге асыруға келіп тіреледі.

Панфилов ауданы.

ШАРУА ЖАЙЫ



МАЛЫ ҚОНДЫ, МАЛШЫСЫ ОНДЫ

Суретті түсірген Аслан Қажеке.

Көксу ауданына қарасты 10 ауылдық округтің ішінде Жамбыл, Еңбекші, Талапты, Мәмбет ауылдарын біріктіріп отырған Лабасы ауылдық округінің орны ерекше. Кейінгі кездегі түрлі бастамалар мен қалталы азаматтардың қолдауында еңсесін тез тіктеп, айналасында елге үлгі болған да солар. Расында, лабасылықтар өмірге бейім, жаңалыққа құштар келеді. Сондықтан болар, ел өркениетіне пайдалы, тұрғындардың әлеуетін көтеруге ыңғайлы бастамалар болса оны жылдам қабылдап, тезірек жұрт тәжірибесінен өткізуге асығады. Өмірден өткен аға буыннан жалғасқан осы еңбекқорлық дәстүр бүгінгі ауыл тізгінін қолына алған жас басшылардың құлшынысымен жалғасып отыр. Оны аталған округтің әкімі Ержан Шалқыбеков, ауылдың бас мал дәрігері Ерік Маймақов, «Шаңырақ» ЖШС жетекшісі Бауыржан Егінбаевтың бастауымен мал қыстатып жатқан малшыларды аралап, олардың тыныс-тіршілігімен танысу барысында көз жеткіздік.

Қажет АНДАС

қанша құбылып, малды қорада ұстауға тура келсе де жемшөптің молынан жететініне сенімді.

Осыдан кейін біз «Шаңырақ» ЖШС мен «Тірек» ЖШС-нің қыстауларын аралауға бет алдық. Ойлы-қырлы жерлермен орғи жүруге әдеттенген «НИВА» автокөлігімен төтелете тартып, аталған ұжымның тоқты, торпағы бағылатын Еспе сайының етегіне орналасқан қыстауға келіп түстік. Осында қыстатылатын 800-жуық ұсақ мал мен сондай тайынша-торпақты ЖШС-нің малшысы Бақыт Орынбаев бағады. Бала күнінен шаруаның қыр-сырына жетік Бақыттың жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқарып жатқанын қора-қопсысының тазалығы, қора маңындағы жемшөптің реттілігінен байқадық. Осы тұста айта кету керек шығар, аталған қос ЖШС-нің алғашқы іргетасын қалаған, Жанайдар Егінбаев ағамыз екенін бүгінгі жұрттың бәрі біледі. Сол шаруашылықтың заңдық тұрғыдағы жетекшісі Гүлжан Егінбаева болғанымен жалпы шаруашылықтың жұмысын Бауыржан Егінбаев үйлестіріп отыр. Осыған дейін Лабасы ауылдық округінің әкімі болып мемлекеттік қызмет атқарған жас жігіт Жанайдар ағамыздың ісін жалғастырып, арманын орындайтынына сенімді.

Елге қайырымдылығымен көптің ықыласына бөленген Жанайдар ағамыз тірлігінде тек шаруашылықты шалқытып қана қоймай, осы өңірдің жағдайына бейімделп асыл тұқымды мал және түйе өсірумен де айналысқан. Осыдан 10 жыл бұрын 12 түйе сатып әкеліп жерсіндірген кәсіпкер олардың жауапкершілігін жоғарыда аты аталған Бақытқа тапсырыпты. Бағып-қағып күтімдеудің арқасында Ойсылқара түлігі бүгінде 57 басқа жетіпті. Олар түйенің санын көбейтіп қана қоймай түйе сауып, шұбат өндірумен де айналысады. Алдағы уақытта түйе түлігінің санын көбейтіп, ұлттық сусын өндірісімен де айналыспақшы көрінеді. Бақыт ағамыздың үйіндегі жеңгеміз де қолы құтты адам. Дастарқанын жайып, түйе сүтінен өз қолымен дайындаған таза да құнарлы шұбатты алдымызға қойды. Осындай берекелі отбасының балалары да әдепті, ибалылығын танытып, қос қолдап сәлем беріп, амандық сұрасып жатты.

Кейінгі кездері Елбасы тапсырмасымен ауылшаруашылығын дамытуға бағытталған түрлі бағдарламалар атқарылды. Соған сай асыл тұқымды мал өсіретін арнайы шаруашылықтар жарыққа шықты. Біз сөз етіп отырған «Шаңырақ» ЖШС етті бағыттағы сиырдың «Әулиекөл» тұқымын өсірумен айналысады. Айта кетерлігі, облысымызда осындай шаруамен айналысатын шаруашылық онға да жетпейді.

Сонымен Тұрсынбай деп аталатын елді мекеннің бір шетіне орналасқан «Әулиекөл» тұқымды ірі қара қыстайтын қораға беталдық. Бізді жас болса да малдың жайына қанық малшы Медет Темірбеков жылы шыраймен қарсы алып, шаруа жайымен таныстырды. Қыстаудың маңындағы жазық дала ірі қара бағуға қолайлы. Мұндағы 400-ге жуық сиырдың 175 тұғыры «Әулиекөл» тұқымды ірі қара малы. Қостанай облысынан әкеліп, Жетісуға жерсіндіріп, көптеп өсіріле бастаған тұқымның аталығы әбден семіргенде бір тоннаға дейін ет береді екен. Сондай-ақ, оның өнімділігі жақсы, бағуға көп күш кетпейді және тез жерсіндіруге болатындықтан өңірімізде жаппай өсіріле бастады. «Шаңырақ» ЖШС көпшіліктің осы бағыттағы ақтаңдағын толтырып отыр.

Иә, тізе бүксе «Шаңырақ» ЖШС-нің өңіріміздің ауыл және мал шаруашылығын өркендетуге қосып жатқан үлесі қомақты. Қай қырынан келсек те, өңірдің берекесін асырып, Жанайдар ағамыз қалыптастырған жомарттықты жалғастырып келеді.

Жайық Орынбаев деген азаматтың үйінде түскі аста отырғанда біраз жайға қанықтық. Алдымен малшы қауымның біздің басылымды үзбей оқып тұратыны қуантты. Біраз уақыт Елбасы бастамасымен атқарылған жұмыстарды және жуырда ғана жарық көрген Елбасы мақаласының маңыздылығы жайлы пікірлесіп алды. Десе де, әңгіме барысында малшылардың көңіл қобалжытар әңгімесіне куә болдық. Расында Тұрсынбайдан Қақпақтыға дейінгі өңірде Көксу және Кербұлақ аудандарының біраз ауылының малшылары мал қыстатады. Сондықтан кей кезде ауыл мен ауыл, аудан мен аудан малшыларының жайылым жерге таласы туындап тұратын көрінеді. Ол шешілетін мәселе. Тек Жайық Орынбаевтың «жер тозып барады» деген уайымы бізді біраз ойландырып тастады. Оның айтуынша, «Шаңырақ» ЖШС-нің малшыларымен көрші орналасқан Кербұлақ ауданы және Көксу ауданының Мұқыры, Алғабас ауылдық округінің малшылары жер шалғайлығын сылтауратып жаздыкүнгі жайлауға көшпей, сол өңірді жайлап шығатын көрінеді. Жаздыгүнгі шіліңгір ыстықтан жазықтағы малдың семірмейтіні анық. Екіншіден, жаздай мал жайылған жердің шөбі тұяқкесті болып жұтылып кетеді де, қысқы мал жайылымына әсерін тигізеді екен. Содан кейін де көрші шаруашылықтың малшылары қыста малдарын «Шаңырақ» ЖШС-не тиесілі шөбі шүйгін жайылымдарға айдап салып, арада кикілжің, дау-жанжал болып тұрады екен. Сондықтан «Шаңырақ» ЖШС-нің малшылары «билік басындағыларға: «Малшылар ала жаздай қыстаудың құтын қашырмай, жайлауға көшсе, оларды жайлауға көшуге үгіттеп, жерді тыңайтуға сеп болса нұр үстіне нұр болар еді» деген өтініштерін жеткізуді бізге табыстады. Біз осы жазбамыз арқылы сол үмітті жеткіздік деген ойдамыз.

Лабасы ауылы,
Көксу ауданы.

Әлем тынысы

МЕККЕДЕ МУЗЕЙ АШЫЛАДЫ



Мұсылмандардың құбыласы саналатын қасиетті Мекке қаласы жаңа музеймен толығады. Ислам дініне арналған ерекше музей әйгілі әл-Харам мешітінен жеті шақырым қашықтықта тұрғызылады. Таным-дық ғимаратта дін тарихы туралы тың мәліметтер беріліп, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) өмірі жайлы баяндалады.

Музейдің жобасын Лондоннан келген сәулетшілер жасап шықты. Пайғамбардың өмірінен өнеге ұсынатын сарайдың жалпы аумағы 5600 шаршы метрді құрайды. Сәулетшілердің айтуынша, көне мұра сақталатын мәдениет ордасы тәулігіне мың мейманға қызмет етеді. Ғимараттың ішінде діни жәдігерлерден бөлек дәріс кеңселері мен кітап дүкендері болады. Сонымен бірге, Мекке қонақтары жасыл бақтың ішінде серуендеп, жанға жайлы мейрамханада дәм тата алады. Бақ музейдің шатырына салынады. Ең қызығы, жаңа музейдің орама төрізді баспалдақтарына Алланың 99 есімі ойылып жазылады.

ЗАҒИПТАРҒА АРНАЛҒАН ПЛАНШЕТ



Мұхиттың арғы бетіндегі ғалымдар зағиптардың сауабына кенелді. Мичиган университетінің инженерлері көзі көрмейтін адамдарға арнап көпсалалы планшет жасап шығарды. Соңғы үлгідегі электронды кітапшаның құны жоғары. Планшеттің бетіне саусақ ұшы тигенде электр қозғалтқыштар арқылы пластик әріптер экранға көтеріледі.

Брайль шрифтімен жазылған кітапшаның қазірше ақпаратты беру жылдамдығы баяу. Сондықтан, өнертапқыштар таңсық технологияны болашақта жетілдірмекші. Сили Омодрейн есімді ғалым бастаған зерттеушілер зағиптарға арналған әріптерді экран бетіне томпайтып шығару үшін сұйықтық пен ауаны қолданған. Нәтижесінде, әрбір талап етілген әріпке сай сұйықтықтың көлемі мен ауа қысымы өзгеріп отырады. Планшетте тек әріптер ғана емес, түрлі кескіндер мен графикалық суреттер де бар. Енді зағиптар математика ғылымымен еркін айналыса алады. Жаңа бұйым биыл қыркүйекте таратылады. Бағасы 1000 доллардан аспайды.

БОЛАШАҚТА ЕРЛЕР БОЛМАЙДЫ



Дәл осындай болжамды Австралияның профессоры Дженни Грейвс мәлімдеп отыр. Оның айтуынша, жыл сайын өмірге келетін сәбилердің саны күрт төмендеп барады. Бес миллион жылдан кейін хромосомалардың бұзылуы салдарынан ерлер өмірге келмейтін болады. Ғалымның пікірінше, бүгінде ерлердің гені әйелдерге қарағанда әлдеқайда азайып кеткен.

Ген зерттеушісі әлемді шошытқан сөзін нақты деректерге сүйеніп айтып отыр. Әйел хромосомалары ерлерге қарағанда тез ауысуға және жаңаруға бейім. Ал ерлерде гендік өзгеріс жоқ. Сол себепті бәріктілер болашақта жер бетінен түбегейлі жойылады. Ғалым бұл түйінді ұзақ зерттеуден кейін айтты. Қазіргі күнде ерлер хромосомасында 100 шақты ғана ген сақталған. Ал бұрын әрбір ел тұтқасын ұстайтын азаматта ген саны мыңнан кем болмапты. Ең өкініштісі, медицинада әр 100 мың ердің бесеуі Ля Шапеля синдромымен туады. Бұл – сырт келбеті мен мінезі әйелдерге ұқсайтын, ұрпақ көбейтетін қабілеті жоқ адамдар.

СЕЛФИ-ТАЯҚ



Француздың суретшісі Инна Битон әйгілі Наполеон III пен оның жұбайы Евгенияның есімі бедерленген императорлық монопод құрастырды. Зергерлік заттармен безендірілген әдемі таяқ селфи жасауға арналған. Парижде жасалған моноподтың құны 49 мың долларға дейін шарықтап кеткен.

Селфи таяғы көршілес Ресейде сатылымға түсіп жатыр. Алғашында 2500 доллармен бағаланған император таяғы уақыт өте еселеп өсті. Сиқырлы таяққа суретші гауһартас қосып жасаған. Көзге бірден түсетін зерлі монопод бұзаудың терісімен қапталып қойған. Әрі сынамалы күміс пен сары алтынмен апталған. Бір кездегі даңқты қолбасшының есімі берілген селфи таяғын сатып алған ешкім жоқ. Алайда қызығушылық танытып, сауданы қыздырып жатқан ресейліктер өте көп. Қысқасы, әлемнің ең көрікті жерлерін сол моноподпен аралап, селфи жасап серуендеуге әркім құмарақ.

МҰХИТТЫҢ ЖЫЛУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ



Питер Глеклер басқарған американдық ғалымдар мұхиттың жылу жылдамдығын ақыры анықтады. Өкініштісі, жиырма жылдан бері мұхиттағы антропогендік жылу мөлшері екі есеге артып кетіпті. Бұл – қауіпті жағдай. Экологиялық апаттың алдын алу әлі мүмкін болмай отыр.

Адамның антропогендік қызметі Жердегі жылу энергиясының артуына әкеледі. Жаппай жылынудың басты себебі осы. Мұхит жылудың тоқсан пайызын өзіне сіңіріп, оның атмосфераға тарауына кедергі келтіреді. Жылудың басым бөлігі мұхиттың қалыңдығы 700 метрлік жоғары бетінде болады. Соңғы жиырма жылда әлемдік мұхит жылу энергиясын әдеттегі қалыптан көп мөлшерде сіңірген. Нақтырақ айтсақ, 1906-2005 жыл аралығында Жер бетіндегі ауаның орташа температурасы 0,74 градусқа өскен. Ал соңғы жиырма жылда әлемдік жылыну қарқыны тым жоғары.

ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫ – ЕЛ ИГІЛІГІ

●*Индустрия*

ҚОЙНАУЫНА ҚҰТ ҚОНҒАН



Күреңбел

Кейінгі жылдары Күреңбел өңірінде әлеуметтің әлеуетін көтеретін жақсы дүниелер көптеп жасалуда. Әсіресе Алматы жақтан ауылға кіреберіс тұстағы мемлекеттік бағдарламамен қаз-қатар салынған жаңа тұрғын үйлерді өңірден шыққан ұлы тұлғаларға арнап жасалған аллеяны басқа аудан орталықтарынан көре қойған жоқпыз. Ал жаңадан бой көтерген Халық банкі мен аудандық әкімдік ғимараты, спорт кешені, балабақша мен мектеп ауыл ажарын аша түскені анық. Балаларды балабақшамен қамтуды 93 пайызға орындаған ауданда алдағы уақытта 900 орынға арналған мектеп ғимараты пайдалануға берілсе, үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесі түбегейлі шешілетін болады. Тұрғындар осы жетістікті аудан әкімі Бағдат Алиевтің іскерлігімен байланыстырады. Тағы бір айта кетерлігі, осыған дейін мал мен егін шаруашылығынан нәпақа тауып келген кербұлақтық азаматтар облыстық кәсіпкерлік палатасы Кербұлақ аудандық филиалының көмегімен кәсіпкерлік саласына ден қойып, ірі өндірістерді аша бастапты. Облыстық кәсіпкерлік палатасы Кербұлақ аудандық филиалының ақпаратына сенсек, олар кәсіпкерлікті дамытудың 5 бағыты бойынша өткен жылдың өзінде кәсіп ашуға ниетті азаматтарға 1056 түрлі қызмет көрсетіпті. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті қаржылық емес қолдау бойынша 56 кәсіпкерге кеңес берілсе, бизнестің өсу жобасы бойынша 25 кәсіпкер кәсіби оқытудан өткен. Сол қатарда экономикалық даму бағдарламасының экотуризм бағыты бойынша Шаңханай ауылдық округіндегі «Аламан» шаруа қожалығы 5 млн. теңге алса, Жоламан ауылының тұрғыны «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорынан 1 млн. теңге алып, бизнесін өркендетуде. Сарыөзек ауылындағы «Қалиева М» сауда-саттық кешенін ашу үшін 30 млн. теңге несие алған. Қаспан ауылындағы «Нұрдуман» ЖШС 6,5 млн. теңге несие алып, ұн өндірісін өркендетуде. Айта берсек, мұндай жаңалық көп. Солардың біразының жетістігін көріп, жоспарымен танысып, ертеңін саралап, киелі өңірдің болашағының зор екеніне сеніп қайттық.

Қажет АНДАС

ҚҰРЫШ ҚОЛДЫҢ ҚҰДІРЕТІ

Басқа өңірден көшіп келгендерді қоспағанда, Сарыөзек ауылының тұрғылықты тұрғындарының бәрі негізінен темір-жолшылар әулетінен болып шыға келеді. Өткен ғасырдың 70-жылдарының басында іргесі қаланған ауылдың сол кездегі тіршілігі аға буынның есінен кете қойған жоқ. Таң ата арыбері жүйткіген пойызға қарғып мініп, облыс орталығы Талдықорғанға немесе Алматыға жол тартып, шаруасын тындырып болған соң тағы да сол тәсілмен кешке қарай ауылға жетіп алатынын емірене айтатындар көп. Сол тұстағы тірлікті сағына еске алып, теміржолдың бүгінгі көңілсіз кейпіне жаны ашитындар да жетерлік. Десе де, төрт жолдың торабы болған Сарыөзек ауылындағы қайнаған тірліктен қалған белгі – тозығы жетіп, тоналып біткен теміржол техникаларын жөндейтін ғимарат пен қабырғасы қаңырап тұрған элеватор еді. Міне, сол нысандарға қан жүгіре бастады.

Осы ауылдан шыққан жеке кәсіпкер Нұрлан Дүнісовтің білек сыбана кірісуімен қайта қалпына келіп, қазанын табыспен қайната білген депоның жұмыс қарқынымен танысу барысында ауылдың тамырына қан жүгіріп, өңірдің өркениетін өсіретін біраз ауқымды бастаманың қолға алынғанын көрдік. Біз депоның атшаптырым ауласына кіргенде әр жылдары шығарылған, ескіріп, тозығы жеткен, салмағы 120 тоннадан асатын тепловоз, паровоздарды көріп, біраз көз тоқтаттық. Бізді «Теміржол техникаларын жөндеу» ЖШС-нің басшысы Амантай Жүнісов пен депоның бас технигі Александр Щвецов кәсіпорын жұмысымен толықтай таныстырып шықты.

Сарыөзектің төсіне шойынжол төселгелі ғасырдан ұзақ уақыт болыпты. Кезінде мыңға тарта адам жұмыс жасаған өндірістік цехтың бүгінгі жағдайын соған бара-бар дей алмаймыз. Десе де, 2006 жылы жұмыс бастаған өндіріс елдің қажетінен шығып, керегіне жарап келеді. Елу отбасы осындағы табысымен нәпақа айырып отыр. Тепловоз, паровоздарды күрделі жөндеуден өткізетін өндіріс орнындағы күнделікті жұмыс тынымсыз жүріп жатыр. Біз Жамбыл облысының Жаңатас стансысынан жеткізілген ескі паровозға күрделі жөндеу жұмысын жүргізіп жатқан құрыш қолды мамандардың қызу еңбегінің куәсі болдық. Иә, өндірістік цехтың іші қызу еңбек. Бір шетінде паровоздың тозығы жеткен дөңгелегі қырылып-жонылып, жуылып-шайылып дайындалса, енді бір басында электр жабдықтары ретке келтірілуде, тағы бір жерде есік, терезе, тағы да басқа құрылғылар өлшемге сай дайындалуда. Мұндағы мамандар теміржолдың қыр-сырын толық меңгерген, өз ісінің нағыз білгірлері болғандықтан жұмыстары да сапалы. Оны ЖШС басшысының кабинетіндегі сертификат пен мақтау қағаздары көрсетіп тұр. Нәтижесінде, осыған дейін тозығы жеткен теміржол техникасын Ресей еліне ала шабатын отандық кәсіпкерлер енді Сарыөзекке жиі тапсырыс береді екен. Қысқасы, еліміздің әр түпкірінде жүйткіп жүрген тепловоз, паровоздардың Сарыөзекте жөнделетінін бірінші рет көріп, жерлестеріміздің жігеріне риза болдық.

Айта кетерлігі, сол күні Сарыөзек ауылындағы №49 орта мектеп оқушылары да депоның жұмысымен танысып, тәжірибе жинақтау мақсатында келген екен. Оқушылардың дені техника тілін меңгеруге құлшынып-ақ тұр. Қолайлы сәтте аталған мектептің ұстаз-ұйымдастырушысы Аллаберген Жиынбаевты сөзге тартып көрген едік. Ол мектеп оқушыларын кәсіптік мамандыққа қызықтыру үшін аудандағы өндіріс орындарын жиі-жиі аралатып, техникалық жұмыстардың маңыздылығын түсіндіріп, болашаққа бағдар беріп отыратынын жеткізді. Осындай тәжірибелік байланыстың жақсы жағын облыстық кәсіпкерлік палатасы Кербұлақ аудандық филиалының директоры Болат Тастанбеков түсіндіріп берді. Оның айтуынша, бұрынғы ауыл балалары заңгер, педагогикалық мамандықты көптеп таңдаса, қазір техникалық мамандыққа деген қызығушылық арта түскен. Оның себебін ауылдағы кәсіпкерлік саласының дамуынан қарастыруға болады. Сондай-ақ, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының дуалды білім беру бағыты бойынша атқарылған жұмыстар да оң нәтиже бере бастапты. Оған ауылдағы кәсіптік білім алуға ынталы жастардың көбейгендігі дәлел бола алады.

Өндірістік цехтың алдағы жұмысы да ауқымды екен. Олар өткен жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша төмендетілген пайызбен несие алып, сол қаржының есебімен өндіріс ауқымын кеңейтпекші. Демек, жаңа қондырғылар сатып алып, әлі күні Ресейдің ірі кәсіпорындарынан сатып алатын теміржол бөлшектерін өздері өндірмекші. Бұл өндірістің қызмет көрсету ауқымын ұлғайтып, бағасын арзандатады, есесіне жұмыс орнын көбейтеді деген сенімде.


Қасапшылар қызу жұмыс үстінде


Отарба және өндіріс


Көлігің бұзылмасын...

Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

●*Шағын және орта кәсіпкерлік*

ЖҰРТ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНГЕН

Кербұлақтықтар кәсіпкерлікті дамытудың сервистік қызметтерді қолдау бағыты бойынша өткен жылы Сарыөзек ауылында ашылған көлік жөндеу орталығының жұмысына дән риза. Орталықтың жетекшісі Серік Нарбаев өткен жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 3 млн. теңге жеңілдетілген несие алып, оған өз қалтасынан тағы да осындай қаржы қосып, Сарыөзек ауылынан автомобиль жөндеу орталығын ашты. Оның жоспарын жүзеге асыруға ыңғайлы жерді таңдап алуға ауылдық округ әкімдігі көмек көрсетсе, бизнес жоспарын жасауға, құжаттандыруға қатысты мәселесін шешуге облыстық кәсіпкерлік палатасы Кербұлақ аудандық филиалының мамандары көмектесіпті. Сонымен жарты жылда құрылыс жұмысы аяқталып, жұртқа қызмет көрсете бастаған орталық ауылдағы көлік жөндеуге қатысты барлық қиындықты артта қалдырды.

Расында, осыған дейін Сарыөзек ауылының тұрғындары бұзылған көлігін Қапшағай мен Талдықорғандағы көлік жөндеу орталықтарына сүйрелеп, мазалары кетсе, Алматы – Өскемен, Сарыөзек – Жаркент бағытына қатынайтын жүргіншілер осы маңда бұзылған көлігін жөндейтін орын таппай қиналатын. Қай қырынан келсек те Серік Сарқытбайұлының жаңа бизнесі жұрттың ойынан шықты. Көлік жөндеу орталығынан бұрын Серік үйінің іргесінен автобөлшек сататын шағын дүкен ашыпты. Бірақ ондағы тауарларға көп сұраныс бола бермейді екен. Орталық ашылғалы бері дүкеннің де саудасы қыза түсіпті. Көлігін жөндетуге әкелген азаматтар оған керекті бөлшектерді алыстан арқаламай-ақ іргеде тұрған дүкеннен сатып алуға әдеттенген. Дүкен иесі де көптің сұранысына орай кемшіл тауарларды толықтай жүріп, отбасылық бизнестің ауқымын ұлғайтып үлгеріпті.

– Есебі жоқ адамның жұмысының өнбейтіні белгілі. Елдің қиындығын көріп, біліп отырып, неге өзіміз қимылдамасқа?! Турасын айтқанда, жатып ішерлік секілді жаман әдеттер ел ішінде кең таралып кетті. Біз өркенді ел боламыз десек, ең алдымен, осындай әдеттен арылуымыз керек. Сондай-ақ, қазір көптеген азаматтар еңбек етіп, кәсіп ашқысы келеді. Бірақ оның жөнін таба алмай, жөнін тапса қаржысы қолбайлау болып арманына жете алмай жүр. Осы тұста әр деңгейдегі кәсіпкерлік палатасының мамандарына алғыс айта кеткен жөн. Менің бизнесіме де кәсіпкерлік палатасының мамандары көп қолдау көрсетті. Яғни, заңгерлер заңдық құжығымды көрсетсе, мамандар бизнес жоспарын жасап, құжаттарын тегін реттеп берді. Ал банкке тағы да 50 пайыздық кепіл болып, несиені уақытында алуға мұрындық болды. Сондықтан кәсіпкерлік палатасына көп алғыс айтамын. Тіпті, бизнеске ынталы азаматтардың уақыт оздырмай облыстық кәсіпкерлік палатасының аудандық бөліміне барып, кеңес алуына шақырамын, – дейді кәсіпкер жігіт ағынан жарылып.

Бүгінде Серіктің автокөлік жөндеу орталығынан адам аяғы үзілмейді. Таң атқаннан кеш батқанша орталық алдына тізілген көліктің қарасы көп. Онда жұмыс істейтін Жасұлан, Руслан, Роман, Игорь, Виталий сияқты слесарлар көлік жөндеудің қыр-сырын толық меңгерген мамандар. Еңбекақысы 70 – 100 мың теңгенің айналасында. Ауыл адамдарының отбасын қиналмай асырауға жететін қаражат. Ең бастысы, бизнесін ойдағыдай дамытып келеді. Серік алдағы уақытта да орталық аумағын кеңейтіп, мүмкіндігін арттыруды көздеп отыр. Қазір кәсіпкерлік палатасының мамандары оған жаңа бизнес жоспарын ұсынып, қосымша несие алуға көмек көрсетіп жатқанын білдік.

●*Қайта өңдеу*

ЕТ ӨҢДЕЙТІН КОМБИНАТ

Сапалы ет өнімдерін өңдеп, оны экспортқа шығарып, қазақстандық бренд қалыптастыру туралы Елбасы әр Жолдауында, Ұлт жоспарында нақты тапсырма беріп келеді. Тіпті, етті бағыттағы мал өсіру үшін бірқатар мемлекеттік бағдарлама жұмыс істеп тұр. Соған орай қазір мал басы өсіп, асыл тұқымды малдың саны артты. Дегенмен, өңір тұрғындары сапалы ет өнімдерін тұтынатын жағдайға жете қоймады. Оның үстіне, базарда саудаланатын мал етінің сапалық деңгейі де сын көтермейді. Әлі күнге мал дәрігерінің кеңесіне жүгінбей-ақ өз бетінше мал соятын, малдың өлексесін кез келген жерге лақтыра салып, санитарлық жағдайды бұлдіретін, қара базардағы тексеруден өтпеген етті сатып алып, тұтынатын жағдай азаймай тұр. Бұл Кербұлақ ауданында да бар жағдай.

Өңірдегі осындай келеңсіздіктің алдын алып, Жетісу өңіріндегі ет кластерін дамытуға өз үлесін қосуды мақсат еткен күреңбелдік жеке кәсіпкер Баясыл Ақбасов Сарыөзек ауылының іргесіндегі тозығы жетіп, бүлінген ет өңдейтін цехты меншігіне алып, «Ақбұлақ» Сарыөзек ет өңдеу комбинатын» құрды. Мекеменің басты мақсаты – халал үлгіде ет өңдейтін кәсіпорын құру. Қазіргі кезде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына енген жобаның жаңа технологиялармен жабдықталатын орнын салуына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Кәсіпкердің айтуынша, кезінде соғыс болған жағдайда ет өнімдерін тез дайындау мақсатында салынып, кейін тоналып, шағылып, қиратылып, ішіндегі құрылғылары тиынға бағаланып, сатылып кеткен нысанды қайта қалпына келтіру ісі оңай болмапты. Нысанды бұған дейін де бірнеше үміткер меншігіне алып, іске қосуға ниеттеніп көріпті. Бірақ істің ыңғайын, бизнестің жөнін таба алмай жалығып тастап кетіпті. Бірақ тумысынан туған жерінің қадір-қасиетін бағалап өскен Баясыл Ерасылұлын кезіккен қиындық тоқтата алмапты. Құрылғылардың жоғалған бөлшегін жалықпай іздеп тауып, қайта құрастырып, цехты 80 пайыз іске қосыпты. Қазір мұнда мал сою жұмыстары жүріп жатыр. Қойдың әр басын мың, ірі қараны 5 мың жылқыны 7 мың теңгеге сойып, жуып-шайып, тазалап береді. Сойылатын малды алдымен мал дәрігері тексеріп, ауру мен басқа да кеселдің бар-жоқтығын анықтайды. Бір жағынан, тазалығы нормаға сәйкес, екінші жағынан, сенімді болғандықтан қазірдің өзінде мал сойдыратындардың қатары көбейіп қалыпты.

Кәсіпкердің бұл ісі кәсіпкерлік палатасының мамандарын тәнті етіпті. Сондықтан оған құқықтық және заңдық негізде көмек көрсетіп, кәсібін ұлғайтуға дем беріпті. Қазір «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 15 млн. теңге көлемінде жеңілдетілген несие алуға керекті құжаттарын дайындап, алдағы жұмысқа сайланып отыр. Егер осы қаржы қолға тиіп, цех толық қуатымен іске қосылғанда 5 тонна шұжық, 10 тонна консервіленген ет өнімін сақтайтын мұздатқыштардың іші өнімге толатын болады. Шұжық өңдеуге жұмсалатын шикізатқа сұраныс артумен бірге экспортқа да жол ашылады. Осыны ескерген цех басшылығы алдағы уақытта мал бордақылау алаңының құрылысын қолға алмақ. Оның инфрақұрылымы жаңа талаптарға сай болады. Бір мезгілде 120 ірі қараны бордақылауға мүмкіндік бар және алдағы кезде оның жобалық қуатын ұлғайту көзделген. Сол қатардан орын алатын ұн тартатын диірмен мен нан пісіретін цех талай адамға жұмыс береді. Комбинатта сойылатын малды Кербұлақ ауданына қарасты ауылдар мен көрші аудандардың шаруашылықтары жеткізбек. Келешекте ол инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында Жетісу жұртын халал еттен өңделген ет өнімдерімен қамтамасыз ететін бірден-бір ірі комбинатқа айналары анық.

●*Әлеумет*

Күреңбел өңірінде мың жарымға жуық мүмкіндігі шектеулі азамат тұрады. Оларға қамқорлық таныту, көмек көрсету бүгінгі зайырлы қоғамның міндеті саналады. Әрине, мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау мен көмекті жоқ дей алмаймыз. Қаңтардан бастап жәрдемақының өзі 9 пайызға ұлғайтылып, көңілі жадау жандарға үміт отын сыйлады. Бірақ ол сол адамдардың барлық мұқтажын шешіп береді деп те айта салуға болмайды. Өйткені, көзі көрмесе де, құлағы естімесе де, қол-аяғы жұмыс істемесе де олар көкірек көздері арқылы 12 мүшесі сау адамдармен қатар тұрып, жұмыс істеуге, арманға құлшынуға ұмтылады. Демек, моральдық тұрғымен қатар рухани жақтан да қолдау керек.



ІРКІЛІССІЗ ИНВАТАКСИ

«Ащының дәмін татқан біледі» дегендей, Күреңбелдегі мүмкіндігі шектеулі жандардың жанашырына айналған жомарт жүректі азаматты Сарыөзек ауылынан таптық. Аудан орталығындағы жатаған там үйлердің біріне орналасқан «Дос» мүгедектер қоғамы қоғамдық бірлестігінің тағдырластарының табысқа жетуіне демеу көрсетіп келе жатқанын біліп, сол үйге бас сұқтық. Бізді екі көзі көрмейтін, бірақ көкірегі сайрап тұрған бірлестік төрағасы Қуаныш Қапанов қарсы алып, жылы әңгімесімен үйіріп әкетті.

Осыдан төрт жыл бұрын құрылған қоғамдық бірлестіктің өз тәртібі мен жүйелі жоспары бар. Олардың басты мақсаты мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кәсіпкерлікпен айналысуына, моральдық-материалдық тұрғыдан көмек алуына қолдау көрсету. Бір қуанарлығы, өткен жылы қоғамдық бірлестік тендер арқылы аудандағы инватакси қызметін ұтып алыпты. Сондай-ақ, «Каспий банктің» демеушілігімен Талдықорған қаласында екі, Сарыөзек ауылында бір рет семинар-кеңес өткізіп, мүгедек жандардың кәсіппен айналысуына заңдық және кәсіби тұрғыда бағыт-бағдар беріпті. Ал «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорымен бірлесе отырып, бірқатар тағдырласының кәсіптенуіне қолдау танытыпты. Айталық, Жоламан ауылының тұрғыны Қанат деген азаматтың дүкен ашып, тірлік жасауына, сарыөзектік Аслан Танабаевқа «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорынан 100 мың теңге алып беріп, тележөндеуші болып жұмыс істеуіне жағдай жасады. Алтынемелде тұратын Серікжанға тігін машинасын сыйлап, қазақтың ұлттық ою-өрнегін дамытуға шабыт беріпті. Сонымен қатар, аталған бірлестіктің араласуымен кәсіпкерлік палатасы Талдыбұлақ ауылының бір тұрғыны мен алтынемелдік Берікжанға заманауи электр тігін машинасын сатып әперіп, кәсіптенуіне сеп болған.

Қоғамдық бірлестіктің қомақты табысы бұл ғана емес. Олар жаны жаралы жандарға моральдық-материалдық көмек көрсетумен қатар өнер жолындағы қабілет-қарымын шыңдауды да байыпты жалғастырып келеді. Бір-екі жыл бұрын қоғамдық бірлестіктің бастамасымен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың арасынан талантты жастарды таңдап алып, драма үйірмесін құрып, «Тағдыр тауқыметі» атты спектакль дайындапты. Аудандық Мәдениет үйінде көрерменіне жол тартқан туындыны өнерпаздар жоғары бағаланған көрінеді. Өкінішке орай, облыс орталығындағы талғамы биік көрерменнің назарына ұсынуды қанша ойластырғанымен жолы болмапты. Көмек қолын созған азаматтардың сөзі кейбір облыстық мекеме басшыларына өтпеген. Осындай жағдайға байланысты театрдың ғұмыры ұзаққа бармапты.

Қоғамдық бірлестіктің қазіргі ең тамаша жетістігі – аудандық инватакси қызметін тендер арқылы ұтып алғаны. Қазір бұл қызметті 5 адам атқарып жүр. «Жалғыз көлік болса да аудандағы мүгедектердің көңілінен шығып келеді», – дейді Қуаныш Болатбекұлы.

Биыл аудандық инватакси қызметінің мерзімі бітіп, жаңа тендер жарияланатын көрінеді. Қуаныш пен оның әріптестері бұл қызметтің мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайынан бейхабар адамдардың еншісіне кетіп қалуынан алаңдайды. Сондықтан инватакси қызметі тек мүмкіндігі шектеулі азаматтардың арасында жүргізілсе нұр үстіне нұр болар еді деп отыр. Олар бұл ұсынысқа назар салатын азаматтардың аз еместігіне сеніп отыр.

●*Қазақстанда жасалған*

«ДУМАН» МАРКАЛЫ ҰН

Шаған тауының терiскейi мен Матай тауының күнгейінде жатқан кең алқап елдің ырысы мен берекесін арттырып келеді. Осы жерге ірге тепкен Кербұлақ ауданы облысымыздағы астықты өңір саналады. Қазіргі нарықта өзге өңірдің өнімімен бәсекелесе алатын, облысымызда өндірілетін бірнеше түрлі ұн маркасы бар. Сол қатарда Қаспан ауылындағы «Нұр Думан» ЖШС-нің «Думан» маркалы ұнын айтуға болады. Бүгінде серіктестік тізгінін Алматыдағы Қазақ ұлттық аграрлық университеттің түлегі Шаттық Айтбайұлы ұстап отыр.

Алғашқы негізі 2003 жылдары қаланған диірмен Қаспан ауылына тегіннен-тегін орнатылған жоқ еді. Аталған ауылдың айналасындағы ауылдар негізінен егін және мал шаруашылығымен шұғылданады. Демек, диірменге керекті шикізат қолжетімді деген сөз. Ал ұн тартылып біткеннен кейінгі қалдық сол ауылдың малына қыстай азық болады. Осындай мақсатпен жұмыс бастаған «Нұр Думан» ЖШС-нің азаматтары қазір өндірістің қыр-сырын жетік меңгеріп, ауылды, ауданды аттап өтіп, облыс аумағындағы тұрғындарды сапалы ұнмен қамтамасыз ететін деңгейге жеткен.

Қытайлық құрылғылармен жабдықталған диірмен күніне 20 тонна ұн тартатын қуаттылыққа ие. Жылына 500 тоннаға дейінгі бидай осы диірменде өңделеді. Негізінен көршілес ауыл тұрғындарының мұқтажын шешіп келеді. Жұмыс барысы көбінесе айырбас түрінде жүргізіледі. Бұл дегеніміз шаруа қожалықтары өздері өндірген бидайын дайын ұнға айырбастап алады. Әдетте 100 киле бидайдан 70 киле таза ұн, 30 киле жемдік қалдық шығады. Айырбас барысында 100 киле бидай 50 киле таза ұнға айырбасталады. Қалған бөлігі диірменнің ұнды өндірген шығындарын жабуға жұмсалады. Бұл айырбас тәсілі зейнетақыға сүйеніп немесе өрістегі малмен нәпақасын айырып отырған шаруаларға қолайлы. Десе де бұл тәсіл кәсіпкердің капиталын көбейтпейді. Сондықтан олар 2007 жылы диірменді күніне 160 тонна ұн өңдейтін жаңа құрылғылармен жабдықтауды көздеп, биіктігі 10 метрлік, ұзындығы 9 метрлік астық сақтайтын қойма салыпты. Өкінішке орай, қытайлық кәсіпорындармен арадағы келісім жүзеге аспай, жоспар орындалмай қалыпты.

«Нұр Думан» ЖШС бұл жоспарын өткен жылдан бастап қайта қолға алып, облыстық кәсіпкерлік палатасы Кербұлақ аудандық филиалының көмегімен бизнес жоспарын жасап, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен 3 жылға 7 пайыздық жеңілдікпен 6,5 млн. теңге несие алуға келісімге отырыпты. Егер келісілген қаржы қолға тисе күніне 160 тонна ұн шығаратын диірмен салынбақшы. Сонда «Думан» маркалы ұнды экспортқа шығаруға жол ашылады. Бұл ауыл тұрғындарын жаңа жұмыс орнымен қамтумен бірге өңірдің ауылшаруашылығы өндірісіне қан жүгіртетін болады.

Шағын ғана ауылдағы үлкен жүректі азаматтың биік мұраты бізді желпіндіріп тастады. Иә, айналамыздан жұрт көңілінен шығып жүрген, ең бастысы, ойлаған мақсатына жетпей тынбайтын азаматтарды көріп, болашағымыздың баянды болатынына кәміл сендік.

ТҮЙІН

Елбасының Ұлт жоспарында еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуын одан әрі жетілдіру мәселелері қамтылған. Бағдарламалық құжатта ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту, экономиканың шикізаттық емес салаларындағы орта бизнестің нақты көшбасшы компанияларын қолдауға бағытталған «ұлттық чемпиондар» белсенділігін жүзеге асыру, өндіріске инновациялар енгізу мәселелері көзделген. Аталған міндеттердің жүзеге асырылуы ел келешегінің, болашағының жарқын болуына негіз болады. Осы тұрғыдан келгенде Кербұлақ ауданында қолға алынған жаңа бастамалар өңірдің өркениетіне қан жүгіртіп, Елбасы тапсырмасының орындалуына демеу болатыны анық. Біз соған сеніп қайттық.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

№ 24 (18156)
Сейсенбі, 23 ақпан, 2016 жыл.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

ФЕСТИВАЛЬ

Текелі қаласы маңындағы «Текесу» базасында қысқы туризм бойынша облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен топтық сайыс өтті. Сайыста облыс әкімі және облыс әкімінің орынбасарлары басшылық ететін арнайы командалар сынға түсті. «Барыс», «Батыр» «АГЭС», «Жастар», «Айналайын» және «Арлан» топтары өз жанкүйерлерінің қолдауымен таудың таза ауасында шымырлық сынасты.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

ҚЫРДАҒЫ ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Қыс қызығын айтпағанда табиғаттың тамаша көрінісінің өзі шуы басым қаладан алыстатып, көңіліңді жадыратып тастайды. Осындай керемет көріністің аясында облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** орынбасарларымен бірге шаңғымен жүйткіді. Осылайша салауатты өмір салтының қаншалықты маңызды екендігін істерімен дәлелдеп, көпшілікке үлгі-өнеге көрсетті. Фестивальдің салтанатты ашылуында сөз алған өңір басшысы барша жиналған қауымға ақ тілегін ақтарды.

– *Әрқайсысымыз осылайша өзгелерге тек жақсы үлгі-өнеге көрсетіп жүруіміз керек. Баршаңызға бақыт, шаттық, қуаныш тілеймін. Болашақтарыңыз жарқын болып, осындай көңілді демалыстарыңыз көбейе берсін,* – деді облыс әкімі Амандық Баталов.

Әділқазылар алқасымен таныстырылғаннан кейін бағдарламаға сай командалар өнерлерін ортаға салды. Өздерін таныстырып, ән салды, би биледі және театрландырылған көрініс көрсетті. Қысқы ойынның бірнеше түрінен ұйымдастырылған қызықты да тартысты сайыста қатысушылар барлық күш-жігерлерін салып дайындалғандарын көрсетті. Әсіресе арқан тартысы білек күші мен бірлік күшін ұштастырды. Жарысқа қатысушылар құралайды көзге атар мергендіктерін де ортаға салды. Жеребе бойынша әр команда түскен суретке қатысты қардан мүсін жасап, түйе, қоян, жылан және чебурашка сынды кескіндерді түрлі түспен әспеттеді.

Жанкүйерлердің қызу қолдауымен әділқазылардың берген әділ бағасы арқылы топжарғандар анықталды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат Бигелдиев басшылық ететін «Барыс» командасы бірінші орын алса, «Арлан» екінші, «Айналайын» командасы үшінші орынды қанжығалады. Жеңімпаздарға арнайы диплом мен кубок табысталды. Ең қызығы, Ақерке Дәулетбекова мен Жолан Омаров «Ақ қар аруы» және «Ақ қар сұлтаны» номинациясын жеңіп алды. Әділқазылар алқасы мүшелеріне де Жетісу өңірінің тарихынан және керемет те әсем жерлерінен хабар беретін кітаптар мен портреттер сыйға тартылды. Осындай қысқы спартакиадалық ойындар келешекте дәстүрлі түрде өтіп тұрмақ. Бүгінгі демалыс естен кетпестей болды. Келген көрермендер де қыс қызығынан тыс қалмады, шаңғы мен сырғанақ теуіп, көңілдерін көтерді. Жүздеріне күлкі үйіріліп, шат-шадыман күйде тарқасты.

Текелі қаласы маңындағы «Текесу» базасы туризмді дамытуға бірден бір лайықты орын. Тамаша табиғатымен-ақ көпшілік назарын өзіне аудартады. 400 және 800 метрге созылған шаңғы жолы бар. Болашақта сервистік қызмет көрсету орталықтары да бой көтермекші. Осы маңға арнайы жоба бойынша 2020 жылға дейін 9 миллиард теңге тартылмақ. 2013 жылы басталған жоба бойынша келешекте жүзге тарта жаңа жұмыс орны құрылмақшы. Осыған дейін 85 миллион теңге инвестиция бөлінген екен. Халықаралық стандарттарға сай аспалы жолдар да жасалмақшы. Әлемдік деңгейде базаны жандандырса, дүниенің кез келген жерінен келіп, туристер демалып қайтар еді. Әрі туризмнің де дамуына өзіндік ықпалы тиетіндігі сөзсіз.

ДОСТЫҚ ҮЙІНДЕ



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ.

Бірлігі күшті ел озады

Бірлік бар жерде береке де, бейбіт өмір де, тыныс тіршілік те өркендейтіні анық. Мұны ел тәуелсіздігінің 25 жылындағы салиқалы жолымыз дәлелдеп берді. Бұл орайда Қазақстанды төрге оздырған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саясаткерлігінің де салмағы аз болған жоқ. Сондай-ақ, жүз неше ұлт пен ұлыстың мүддесі тоғысқан Отанымыздағы ел берекесін алға жылжытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының да үлесі мол. Бұл туралы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының Достық үйінде өткен "Берекені көктен іздеме, бірлігі мықты көптенізде" атты форумында сөз болды.

Қажет АНДАС

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы туралы сөз болғанын көрдіңіздер. Демек, жастар осы арқылы еліміздің тұрақтылығы татулықта екенін жүрегіне түйіп қайтты. Біздің де мақсатымыз осы еді, – деді өз ойымен бөлісіп.

Расында, бүгінгі таңда Ассамблея тұрақтылықтың сенімді факторы, қоғамдық келісімнің берік іргетасы, ел дамуының кепіліне айналды. Елбасы өткен жылы «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» және «Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлықтарға қол қойды. Мұның өзі аталған Ассамблеяның саясаттан тыс жалпыхалықтық институтқа айналатынын көрсетеді. Шара аясында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері ел мен Елбасының үмітін үкілеп, беріле еңбек ететіндіктерін білдірісті.

Салтанатты шараның соңы этномәдени орталықтар өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламамен жалғасып, жұрт сүйіспеншілігін еселей түсті.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ТҮРКІГЕ ҚҰНДЫ ТӨРТ КІТАП — 2 БЕТ

МІРЖАҚЫП АТАҒА АРНАЛДЫ — 4 БЕТ

ДАМУ АРНАСЫ

Елбасы биылғы Жолдауында дағдарысты еңсере отырып, ел экономикасын алға жылжытудың басты бағыттарын айқындап берді. Сол бағдарлы істің басында халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің негізгі тетігі – ауылшаруашылық өндірісін өркендету мәселесі тұрғаны даусыз.

Экономиканың күретамыры

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Панфилов ауданында экономиканың басты қозғаушы күші болып табылатын ауылшаруашылық саласындағы қол жеткізген жетістіктер мен алға қойған міндеттерді саралаған алқалы жиын өтті. Бұл салада қомақты табыстар мен жетістіктер баршылық. Айталық, өткен жылы жалпы құны 27 миллиард теңгеден астам ауылшаруашылық өнімі өндіріліпті, бұл көрсеткіш оның алдындағы жылмен салыстырғанда 3,7 пайыз артық.

Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Азат Әбдікәрімовтің айтуынша, мұндай табысқа жетудің сыры – мемлекет тарапынан нақты қолдаудың дер кезінде көрсетілуінде. Мысалы, тек өткен жылдың өзінде Үкіметтен өңірді өркендетуге 1,9 миллиард теңге бөлініп, тұқым шаруашылықтарын қолдауға, дизель отынын арзандатуға, жеміс бақтары мен жүзімдік көшеттерін отырғызуға, минералды тыңайтқыштар алуға, суды пайдалану қызметіне бағытталып, толығымен игерілген. Осындай мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде өткен жылы өңірде 43368 гектар жерге ауылшаруашылық дақылдары өсірілген. Оның 26472 гектарына дәнді дақыл егіліп, одан 155,5 мың тонна астық жиналды. Аудан тұрғындарының негізгі өндіріс көзіне айналған жүгеріден 153 мың тонна дән жиналған.

Аудандық ауылшаруашылық өндірісі қызметкерлерінің жылды қорытындылаған жиынында сала бойынша аудан әкімінің орынбасары Шұхрат Құрбанов баяндама жасап, мал шаруашылығы саласында қол жеткізілген табыстар терең талданды. «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың сәтімен орындалғаны көпшіліктің көңілін марқайтты. Өркенді өңірде төрт түлік өнімінің сапасын арттыруға Үкімет тарапынан мол қаржы берілген. Басқасын айтпағанда, асыл тұқымды мал шаруашылықтарын дамытуға да қомақты қаржы бөлініп, игерілген.

Мал шаруашылығында түлік түрлерінің санының көбеюімен қатар олардың сапасы да артып келеді. Қазір өңірде асыл тұқымды мал өсіретін 23 шаруашылық бар. Олардың жұмысын жетілдіру үшін, сондай-ақ, мал, құс арасында болатын індетті ауруларға жол бермеу мақсатында алдын алу шаралары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Өткен жылы өңір қожалықтары 17530 тонна ет, 42100 тонна сүт, 10435 мың жұмыртқа өндіріп, қомақты табыс тапқан. Енді мал өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыруға қадамдар жасалуда. Соның бір көрінісі, Әулиеағаш ауылдық округінде 500 ірі қара малын бордақылайтын кешен салынбақшы. Шағын мал бордақылау алаңдарын жасауға бет бұрған қожалықтар да аз емес. Сол қатарда үстіміздегі жылы жаркенттік шаруалар 162 тонна сапалы етті экспортқа шығаруды жоспарлап отырғанын айта кеткен жөн. Толайым табыс беретін мақсатқа қол жеткізуге құлшынған қожалықтар іске кіріспек.

Панфилов ауданы.

МАЛ ҚЫСТАТУ

Жемшөптен тарықпайды

Қараталдық малсақ жандар қысқы кезеңге әдеттегідей ерте қамданды. Ала жаздай шөбін жинап, сабанын дайындап, малдың қыстан аман шығуы үшін қажетті қам-қарекетті жасады. Шопан қауымы қолдағы төрт түліктің көктемде төлдеп, көбеюіне ерекше ден қоюда.

Шүкір, қазіргі жағдай бірқалыпты. Жемшөпті молынан дайындаған шаруалардың көңіл-күйі жаман емес.

– Қазіргі таңда малдың күйі жақсы. Шопандар жазда қора-қопсысын бүтіндеп, мал азығын қажетті мөлшерде дайындап алды. Аудан шаруалары 94 мың 900 тонна мал азығын әзірлеп, жоспар толық орындалды. Нақтырақ айтқанда, қысқы мал азығына қажетті 76400 тонна шөп, 10100 тонна сабан және 8400 тонна жем дайындалды, – дейді аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Қанат Байғабылов. Ауданда мал қыстату науқаны ойдағыдай жүргізілуде. Биыл ауа райының жылы болып, малдың өрісте жайылуы шаруа адамына қолайлы болып тұр. Бүгінде ауданда 200-дей шаруа қожалықтары мал қыстатуда. Қыстауда орташа есеппен мыңға жуық жан тұрады.

Атақәсіпті серік еткендер қолдағы бар малын қыстан аман шығаруды көздеп отыр. Малдың басым бөлігі шаруа қожалықтарының иеліктерінде. Қыстауда қар қалың емес. Малшылардың аудан орталығымен тұрақты байланысы бар. «Қыс қыспайды деме» демекші, қыс басшыға да, малшыға да сын кезең. Сондықтан, бұл науқанды ойдағыдай өткізу төлді, өнімді мол алудың, мал басын кемітпей, санын өсірудің бір кепілі. Олай болса, аса жауапты кезеңде бар мүмкіндікті мал күтіміне жұмылдырған абзал.

А. ӨМІРБАЕВ.

Қаратал ауданы.

Ұрпаққа өнеге

Ақындар мен батырлар елінде «Жамбыл айлығы» жүріп жатыр. Аудандағы білім ошақтары мен мекеме-ұйымдарда ай бойы Жамбыл шығармашылығын дәріптеу жылдағы айнымас дәстүр. Биыл қазақ халық поэзиясы алыбының туғанына 170 жыл. Ақынға арналған іс-шаралар жыл бойына жалғасады. Соның бірі аудандық кітапханада өтті.

«Жамбыл тәлімі – ұрпаққа өнеге» атты «дөңгелек үстелде» зиялы қауым өкілдері жыр жампозының болмысын, жыраулық өнерін танудағы ізденістерді әңгіме өзегі етті. Жамбылға арналған кітап-сурет көрмесі қойылған оқырман залында ақын ұрпағы мен білім саласының қызметкерлері Алатаудай асқар ақын туралы ой бөлісті. Бұл орайда ақын, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Надежда Лушникова, ақын Өмірбай Өмірзақұлы, Жамбылдың ұрпағы, әрі әдеби-мемориалдық музейінің директоры Мәулен Қожашев, Мәдениет қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы, белгілі журналист Күмісжан Байжан, Жазушылар одағының мүшесі, аудандық «Атамекен» газетінің бас редакторы Рәтбек Терлікбаев сөз зергерінің шығармашылығы, зерттелуі, ұлт тұлғасын ұлықтау жөнінде келелі пікір білдірді.

Ақын шығармаларын орындаушыларға кезек беріліп, жыршы-термешілер Жылбек Тоқтасынов, Ермек Шаштайұлы Жамбылдың жыр-толғауларынан үзінді айтты. Аудан әкімінің орынбасары Гүлнар Ермекбаева биылғы мерейтойлы жылда ақынның өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында өңірде және республика көлемінде ұйымдастырылатын ауқымды іс-шараларды атап өтті. Білім бөлімінің әдіскері Әлия Зейноллаева мектептерде ақын шығармаларын танып-білу жайын баяндады.

Жамбылдық өрендер ақын өлеңдерін жатқа білуі тиіс. Бұл мақсатта аудандағы әр мектепте Жамбыл шығармалары жүйелі жатталып, жыр жарыстары өткізіледі. Жамбылтану үйірмелері жұмыс істейді. Әйткенмен, жас ұрпақтың ақын жайлы жеткілікті білуі үшін бұл мақсаттағы жұмыстарды бір ізге салу қажет. Жамбылтанушылар үшін ақынның зерттелмеген қыры әлі де көп. Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлі жырларын Мәңгілік Елдің өлмес мұрасы ету үшін ақындар еліне ақындық мектеп керек. «Дөңгелек үстелдегі» әңгіме түйіні осыған саяды.

Есіңе мені алғайсың...

Кешегі тіл байланып, талант тұсалып тұрған тоқырау заманында ақиқатты айқайлап, шындықты шырылдатып айтқан алдаспан ақын Мұқағалидың туған күні жыл сайын дүбірлеп өтетіні баршаға мәлім.

Солай десек те ауданымыздағы іс-шаралар оқушылар арасындағы байқаумен, кітапханадағы шағын кештермен шектеліп жүргені де жасырын емес еді. Биыл өнерді өрістетуді, рухани көкжиегімізді кеңейтуді нысана тұтып жүретін аудан әкімі Ерғазы Қошанбековтың ұйытқы болуы нәтижесінде дәстүрлі қазақ жырын аспандатқан ақын мұрасын қастерлейтін көпшіліктің қатысуымен аудандық Мәдениет үйінде "Есіңе мені алғайсың" атты тақырыппен поэзия кеші өтті.

Алдымен ақынның өз дауысымен орындаған өлмес туындылары көпшілік назарына ұсынылды. Ақын Сара атындағы орта мектептің 10 «б» сынып оқушысы Ернұр Тұрғанбай ақын Мұқағалидың мәнеріне салып жыр оқып, сол мектептің ұжымы ұсынған қойылым кеш ажарын аша түсті. Бұдан соң Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің ұстазы Әлия Мұхамадиева ақын сөзіне жазылған әнмен сахнаны жандандырды да, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Сәдуақас Садықов жүрегіне ұялаған ақын жырларымен көпшілікті қауыштырды.

Бұдан соң мектеп, балабақша педагогтарынан бастап, аудандағы әрбір мекеме, ауылдық округ әкімдігінің қызметкерлері, дәрігерлер мен тұрғындар, жастар ресурстық орталығының мамандары, колледж студенттері ақын сөзіне жазылған әндерді орындап, өлеңдерін оқыды.

Кештің соңында Қарашығаң ауылдық округінің жас маманы Арай Әміртайдың орындауындағы Мұқағали ақынның сөзіне жазылған кең тынысты «Қазағым-ай» әні әуеледі. Шараны Мұқағали мұрасы жайында ықпасты лебізбен қорытындылаған Ерғазы Қошанбекұлы көпшіліктің көңіл төрінен орын алған туындыларды көрермендерге жеткізе білген өнерсүйер қауымға алғысын айтып, сый-сияпат ұсынды.

Мүмкіндікті бос жіберме

Бүгінгі күнге дейін облыс орталығында 1300-ден астам жылжымайтын мүлік заңдастырылып, 300-ге жуық арыз заң нормаларына қайшы келгендіктен қайтарылған. Олардың басым көпшілігі тұрғын үйлер мен саяжайлар.

Бұл жөнінде облыстық Журналистер үйінде Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Алмас Әділ мен Талдықорған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы Асхат Әбілмәжіновтің қатысуымен мүлікті жария ету науқанына орай өткен брифингте айтылды. Сондай-ақ жиында көлеңкелі экономикадан шығуға кепілдік беретін заң актісінің ерекшеліктері туралы және республика азаматтарына, оралмандарға және Қазақстанда тұруға ықтиярхаты барлардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы Талдықорған қаласы бойынша комиссиясының жұмысы турасында да сөз қозғалды. Мүлікті жария ету заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес ақшаны заңдастыру тәртібін түсіндіру де ұмыт қалмады. Заңға енгізілген өзгертулерден кейін ақшаны жария ету рәсімі мейлінше жеңілдетілген. Алайда бұл мүмкіндікті 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданып үлгермегендерге қомақты айыппұл жүктелмек. Мамандардың айтуынша, бүгінгі мүлікті жария ету 2017 жылы басталатын декларация алдында беріліп жатқан соңғы мүмкіндік.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 35 (18167)
Сенбі, 26 наурыз, 2016 жыл.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

АРҚАЛАП АМАНАТЫН Астананың 4-БЕТ

ЖӘЛМЕНДЕ би 5-БЕТ

ҰЛАР ҮНДІ ақын қыз 10-БЕТ

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ



Жақсылықтың жарқын мейрамы

Талдықорғандықтар Наурыз мерекесін тойлауға ерекше ден қойды. Қаланың әр жеріне Наурыз нақыштарын білдіретін көрнекіліктер ілініп, мерекеден алдын ала сыр шертіп тұрды. Биылғы мейрам Талдықорғанның көркіне көрік қосып, қайта жасалып, жанданған «Жастар» саябағында алғаш рет ұйымдастырылды. Саябақ бүгінде қала жұртшылығының демалатын, мәдени-көпшілік шараларды өткізетін орынға айналған. Оның ұлық мерекені тойлаудан басталуының өзі жақсылықтың нышаны екендігі сөзсіз.

Алма ЕСЕНБАЕВА

Мейрамның атшаптырым аумақты алып, кең көлемде ұйымдастырылғаны соншалық, саябақ маңындағы Қонаев көшесіне ақшаңқан киіз үйлер бойлай тігіліп, мерекеден көрініс беріп тұрды.

Бұл күні облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ,** ел ағалары бастаған топ қала шетіндегі бұлақтардың көзін ашып, бір-бір кесе мөлдір судан қанып ішті.

Жылма-жыл өткізіліп келе жатқан «Бұлақ көрсең – көзін аш» атты дәстүрлі шарада Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Мұрат Халық:

– Ұлыстың ұлы мерекесі Наурыз құтты болсын,
Шаңырағымыз ырысты болсын,
Ақ мол болсын, Алла жар болсын,
– деп батасын берді.

Бұдан соң алқалы топ «Жастар» саябағында өтіп жатқан мерекеге бет алды. Ақ кимешек киініп, ақ тілегін ағытып, шашуын шашып, наурызкөже, ірімшік, жент, құрт, майын тосқан әжелеріміздің ақ пейілі де әлемді нұрландыра түскендей. Киіз үй тіккен әр мекеме ән-күйді шалқытып, салт-дәстүрден бір-бір көрініс көрсетті. Алтыбақан құрылып, ұлттық ойындарға ерекше көңіл бөлінді. «Жастар» саябағында Наурыз мерекесіне арналған ән шырқалып, Б. Римова атындағы облыстық театр әртістерінің қоюымен күн мен түннің теңелгенін, Жер-ананың шапағат нұрына бөленгенін, көпшіліктің ортақ тайқазаннан көже ішіп, алдағы күннен жақсылық тілеп, болашаққа үмітпен қарайтындығын эспеттейтін театрландырылған көрініс сахналанды.

Облыс әкімі Амандық Баталов көпшілікті ұлық мерекемен құттықтап, жүрекжарды тілегін арнады.

– Құрметті жетісулықтар! Қадірлі қауым! Ұлыстың ұлы күні, береке мен бірліктің бастауы, жыл басы – Наурыз мейрамы құтты болсын! Жақсылықтың жарқын мерекесі – Наурыз тойында шын көңіл, ақ ниетпен елімізге бақ-береке, әр шаңыраққа қуаныш тілеймін. Ұлыс оң, ақ мол болсын, ағайын! Жер жаннаты Жетісу жайнап, гүлдене берсін!

Наурыз – жаңару мен жаңа істің, ырыс пен ынтымақтың алтын арқауы. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай: «Дастарқанға ақ толатын, елге бақ қонатын, арайлы шақты халқымыз – Ұлыстың ұлы күні деп бекер атамаған».

Күллі шығыс жұртына ортақ мереке – Наурыздың тарихы тым тереңде жатыр. Күн мен түн теңелетін, ырысы мол мереке жаңымызды шуаққа бөлейді.

Наурызда бұлақтың көзін ашып, ағаш еккен. Алыс кеткен ағайын қауышқан, араз жандар татуласқан. Бұл күн – кешірім мен мейірімге, үміт пен сенімге толы ерекше күн.

Біз өткен жылы жасаған жұмысымызды саралап, келешекке жоспар құрамыз. Тәуелсіз еліміздің өркендеп, өсуі жолында жаңа бастамаларға негіз қалаймыз.

Биыл – ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өтеміз. Айбыны асқақ, Көк туы көкте желбіреген Қазақ елінің болашағы жарқын, бақыты баянды.

(Жалғасы 2-бетте).

ЖЕҢІМПАЗДАР ФОРУМЫ

САРАБДАЛ САЯСАТ ЖЕҢІСІ

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі мен әр деңгейлі мәслихаттың депутаттарын сайлау науқаны да мәресіне жетті. Саяси додаға араласқан алты партия жеңіске жету жолында аянып қалған жоқ. Астанадан ауылға дейін сайлауалды бағдарламасын насихаттап, жұрт ықыласына бөлену мақсатында ұйымдастырылған шаралар мен кездесулер аз болмады. Десе де, саяси науқан «Нұр Отан» партиясының айқын жеңісімен аяқталды. Сандарды сөйлетпесек те сайлау қорытындысы жұрт ниетінің Елбасы басшылық ететін «Нұр Отан» партиясымен бірге екендігін көрсетті. Соған орай «нұротандықтар» 21 наурыз күні республика бойынша «Жеңімпаздар форумын» ұйымдастырып, өздерінің нағыз халықтық партия екенін тағы да бір рет көрсетті.

Қажет АНДАС

Сол күні Талдықорған қаласындағы орталық алаң ерекше түрге енді. І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының қасбетіне ілінген «Нұр Отан» партиясының белгісі салынған билборд көтеріңкі көңіл-күй сыйласа, алаңға жиналған көптің қолындағы түрлі түсті жалаушалар қызу думанның бейнесін білдіреді. Жұрттың қолындағы ұран сөздер елдің ертеңгі келешегіне деген сенімі мен тілегін білдіріп тұр. Еңкейген қарттан еңбектеген балаларға дейін бір-бірін жеңіс шаттығымен құттықтап, ақ тілектерін жаудыруда. Әсіресе, құлдыраңдаған сәбилерін ерткен жас аналардың көңіл-күйі көтеріңкі. Өйткені, олар аталмыш науқанның сәбилер келешегінің кемелді болуы үшін керек екенін іштей сезініп тұр. Осындай көтеріңкі көңіл-күймен әспеттелген «Жеңімпаздар форумына» облыс әкімінің орынбасары, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы саяси кеңесінің мүшесі Бақтияр Өнербаев қатысып, көпшілікті қуанышымен, «нұротандықтарды» жеңісімен құттықтады.

«Нұр Отан» партиясының жеңісі партия Төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының жемісі екенін атап өткен өңір басшысы тәуелсіздік жылдары саясаттың сан сынағынан сүрінбей өтіп, өркениетке бастаған партияның жетістігін тізіп шықты. Осыдан кейін облыстағы сайлау науқаны туралы көпшілікке айтып берді.

– Сайлауға облыс тұрғындары белсенділікпен атсалысты. Атап айтар болсақ, облысымыздағы 994 021 мың сайлаушының 94,06 пайызы сайлауға қатысып, 789 384 (84,8 пайыз) адам «Нұр Отан» партиясына дауыс берді. Парламент Мәжілісінің депутаттығына партиялық тізіммен ұсынылған 127 кандидаттың 10-ы жетісулықтар. Сондай-ақ, облыстық мәслихаттың 44, аудандық мәслихаттың 242, қалалық мәслихаттың 40 депутаты «Нұр Отан» партиясының мүшелерінен сайланды, – деп сөзін түйіндеді. Осыдан кейін бірқатар аузы дуалы ардагерлер мен партия белсенділері сахна төріне көтеріліп, ойларымен бөлісті. Сол қатарда ардагер әже Дина Нұрғалиева егемендіктің алғашқы жылдарында «Нұр Отан» партиясы жаңа идеяларымен халықты жарқын болашаққа бастағанын сөз етсе, «Жетісу су құбыры» ЖШС-нің слесары Андрей Рожков Қазақстанды өркендету, әділ әлеуметтік саясат орнату барысындағы «нұротандықтардың» үлесін алға тартты. Ал облыстық славян этномәдени орталығының төрайымы Наталья Белик, қалалық емхананың дәрігері, хирург Жеңіс Ахметбеков, қалалық политехникалық колледжінің мұғалімі Сағи Асанханов, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлімнің басшысы Саида Садуақасова достықты, татулықты, бірлікті және саяси тұрақтылықты ту еткен партияның жарқын істерін тілге тиек етті. Құттықтаушыларды ду қол шапалақтаумен қарсы алған көпшілік: «Нұрсұлтан – Қазақстан – «Нұр Отан» деп ұрандатып, қолдау танытып отырды.

Әрине, бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Мұны «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасының жұрт жүрегінен орын алғанымен түсіндіруге болады. «Нұр Отан» партиясының доктринасында: «Экономиканың тұрақты әрі серпінді дамуы – қуатты мемлекеттің және азаматтардың әлауқатының өсуінің негізі. Сондықтан, экономикалық саясат еліміздің барлық өңіріндегі халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатын басшылыққа алуы керек», – деп атап көрсетілді. Бұл Елбасының 5 институттық реформа және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында, «Қазақстан – 2021: бірлік, тұрақтылық, жасампаздық» атты «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасында тағы да пысықталды. Демек, «Нұр Отан» партиясы барлық азаматтарға тең жағдай жасау арқылы бәсекелестік ортаны қалыптастыруға, мемлекет, жеке бизнес және қоғам арасында тиімді өзара іс-қимыл орнатуға ұмтылды. Жұмыспен қамту мен халықтың әлауқатын жақсартуды, өркениетті әрі әлеуметтік жауапкершілігі бар бизнесті құруды жақтады. Бұл кез келген көзі ашық, көкірегі ояу азаматқа жаңа талап, жаңа міндет жүктейді. Шындығында, бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай жұмылғанда ғана бар қиындықты жеңіп, ауыртпалықты еңсеруге болады. Осыны жақсы ұғынған «нұротандықтар» Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көрсеткен жолдан тайған жоқ. Осындай еңбектердің нәтижесінде аталған партия айқын жеңіске жетіп, жарқын мақсатқа жұдырықтай жұмылғанын дәлелдеді.

Сол күні түстен кейін Орталық сайлау комиссиясының облыстық штабының ұйымдастыруымен брифинг өтті. Онда облыс аумағындағы сайлау барысынан қорытынды жасалып, байқаушылардың бағасы тыңдалды. Жалпы, ел бойынша сайлауға қатысуда көш бастаған жетісулықтар ешқандай тәртіпбұзушылық, заңсыздыққа да жол бермеген. Сайлау әділ және жоғары деңгейде өткен.

Сонымен ел өмірінде ерекше маңыз алатын тағы бір саяси науқан мәресіне жетті. Көп тілегін арқалаған халық қалаулыларының ел сенімін ақтайтындығына сенімдіміз.



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

СЕССИЯ

СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕЙДІ

Кеше өңір басшысы Амандық БАТАЛОВТЫҢ қатысуымен жаңа құрамдағы VI шақырылған облыстық мәслихаттың бірінші сессиясы өтті. Жиында ашық дауыс арқылы облыстық мәслихаттың хатшысы сайланып, сессия төрағалары бекітілді.

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Өткен жексенбідегі сайлау еліміздегі ерекше күн ретінде тарих қойнауына кірді. Тарихи таңдаудың нәтижесінде мемлекет мүддесін жоғары қойған қалаулылар халықтың сеніміне ие болды. Сонымен, 2016 жылдың 20 наурызындағы жергілікті өкілді органның депутаттарын сайлау Ата Заң шеңберінде өтіп, облыстық мәслихатқа барлығы 44 депутат сайланды. Атап өту керек, халықтың үкілеген үміті, тұрғындардың тілеуі тап осы қалаулылардың мінсіз қызметімен, зор жауапкершілігімен ұштасып жатыр. Халық қалаулысы атанған азаматтар ел сенімін ақтауда ұшан-теңіз жұмыс атқарады. Сол сенімге селкеу түсірмей, ел игілігіне қызмет ету – мәслихаттың басты мақсаты.

Мәслихат депутаттығына әу баста ұзын саны 144 адам ұсынылған. Олардың 134-і тіркеуден өтіп, бір орынға үш адамнан келді. Облыстық мәслихат депутаты болып сайланғандардың ішінде Жақсылық Үшкемпіровтей спорт жұлдызы, сондай-ақ, қоғамның әр саласында жемісті еңбек атқарған танымал тұлғалар бар. Сайланған мәслихат депутаттарының 37-сі ер, 7-уі нәзік жандар.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық мәслихат хатшылығына № 33 сайлау округінен сайланған депутат Серік Мұқанов ұсынылды. Депутаттардың бірауыздан қолдауымен облыстық мәслихат хатшысы болып сайланған Серік Мейірханұлы ел қалаулыларының сенім артып отырғандарына рахмет айтып, келешекте мүлтіксіз қызмет атқаруға уәде берді.

Сессияда облыс әкімі сөз алып, өңірде атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтіп, бір терінің пұшпағын илеп отырған әріптестеріне алғыс айтты.

– Өткен аптада есте қалатын тарихи сайлау өтті. Облыстық мәслихат депутаты болып сайланғандардың ішінде жас та, орта буын өкілдері де бар. Олар әр салада жұмыс істеп, ел сеніміне ие болған азаматтар. Мен V шақырылымдағы депутаттарға үлкен алғысымды айтамын. Сіздер әрқашан бізге қолдау көрсетіп келдіңіздер. Ал дәл биыл біздің алдымызда үлкен сын тұр. Биыл әлемде дағдарыс белең алып отыр. Алдағы уақытта сондай қиындықтарды еңсеру үшін ынтымақтаса жұмыс істеуіміз қажет, – деді облыс әкімі.

Жиында облыстық мәслихаттың тұрғын үй шаруашылығы, жылумен қамтамасыз ету, тіл, спорт, мәдениет, жер қатынастары, энергетика және бюджет бойынша тұрақты комиссияларының құрамы мен төрағалары бекітілді.

Сессия соңында бұған дейін облыстық мәслихат хатшысы лауазымын атқарған Келемсейіт Ермек Әбілмәжінұлына өңір басшысы Амандық Баталов Жетісу жұртшылығының атынан оюлы шапан жауып, зор ілтипатпен «Құрмет» грамотасын табыс етті.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ШЕШІМІ

2016 жылғы 25 наурыз *№ 1-2*

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңының 19 бабына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. VI шақырылған Алматы облыстық мәслихатының хатшысы лауазымына № 33 Кербұлақ сайлау округінен сайланған депутат Мұқанов Серік Мейірханұлы сайлансын.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы Е. КЕЛЕМСЕЙІТ.

Серік Мейірханұлы МҰҚАНОВ



1953 жылы туған. Білімі – жоғары. Алматы Халық шаруашылығы институтын бітірген, мамандығы – экономист.

Еңбек жолын Гвардия ауданы «Қызылжар» кеңшарынан бастады. Әр жылдарда Қызылжар селолық кеңесі атқару комитетінің хатшысы, төрағасы, Кербұлақ ауданы «Сарыбұлақ» асыл тұқымды қой зауыты партия комитетінің хатшысы, «Арқарлы» кеңшары партия комитетінің хатшысы, Кербұлақ ауданы әкімшілігі басшысының орынбасары, Талдықорған облысы әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі, Талдықорған ауданы әкімінің орынбасары, Алматы облысы әкімінің кеңесшісі және орынбасары лауазымдарын атқарды.

2014 жылдың қарашасынан – «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 36 (18168)
Сейсенбі, 29 наурыз, 2016 жыл.

ЖАЙДАРМАН

Театр – өмір айнасы, руханият ордасы. Жан байлығын сыйлар сахнаның киесі бөлек. Ал қоғамның шуақты да көлеңкелі тұстарын ашып көрсетер актерлердің еңбегі ерен. Сол себепті де өнердің осы бір саласында жүрген жандарға лайықты құрмет көрсетіліп келеді.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Театр – өмір айнасы

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Елімізге белгілі, 27 наурыз – Халықаралық театр күні. Осы орайда облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** өнер ордасына барып, Б. Римова атындағы драма театрының ұжымын төл мерекесімен құттықтап қайтты. Мерекелік салтанатта сөз алған облыс әкімі:

– Құрметті театр ұжымы, кәдірменді көрермен. Жуырда «Жетісу» телеарнасындағы «Болмыс» бағдарламасына театр ұжымы шақыртылды. Сол бағдарламаға қарап отырып, сіздердің төл мерекелеріңізді еске түсірдім. Содан мен неге осы қуаныш қарсаңында руханият ордасындағы қымбатты жандарды құттықтамаймын деген ойға келдім, – дей келе, театрдың қоғам мен адам өмірі үшін баға жетпес өнер екенін жеткізіп, сахна саңлақтарына шығармашылық табыс пен биік асуларды бағындыруды тіледі. Сондай-ақ, «Керей мен Жәнібек» сынды тағылымды дүниелерді сахналап жүрген театрдың шығармашылығымен таныс екендігін білдіріп, биыл жаңа театрдың құрылысы басталатындығын да тілге тиек етті. Елімізге белгілі Асанәлі Әшімов сынды дара тұлғалар мен халық әртістері, құрметті қонақтар шақыртылып, театр ұжымымен іргетасын салтанатты түрде қалайтындығын да жеткізді.

Сонымен қатар, облыс әкімі А. Баталов Азат Базаргелді, Мәкен Нұрмұхамбетова, Ұлан Ахметовке Құрмет грамотасын табыс етіп, Қарлығаш Шалабаева, Гүлжазира Тілепбергенованы Алғыс хатпен марапаттады. Театр ұжымына 500 мың теңгелік сертификат пен ықылас гүлін табыстады. Облыс басшысының қолынан сыйлық алған театр директоры Ғалия Темірбаева:

– Төбеміз көкке екі елі жетпей тұрғандай. Төл мерекеміздің қарсаңында облыс әкімі Амандық Баталовтың өзі келіп театр ұжымын құттықтауда. Бұл бізге деген зор ықылас болса, екінші ұшында сенім жатқандай. Сол сенімнен шығып, алдағы уақытта жақсы қойылымдар қойып, шығармашылығымызды шыңдап, Жетісудың, қала берді ел намысын үлкен-үлкен додаларда қорғаймыз деп уәде беремін, – дей келе, ел ағасына деген ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ, театрдың көркемдік жетекшісі Серік Нұрхалық облыс басшысына театрдың тарихы жазылған 2 томдық кітапты сыйға тартты.

Театр актерлері осындай шат көңілмен белгілі драматург Рақымжан Отарбаевтың «Ұйығын» көрермен назарына ұсынды. Бірнеше мәрте қойылған пьеса болса да бұл жолғысы тіптен әсерлі шықты. Бүгінгі қоғамның асқынған дерті болып тұрған нашақор жастың тағдырына құрылған шығарманың ой түйетін тұстары жеткілікті. Бір отбасының жалқы баласы Жалқытайдың ойнап жүріп от басып, күйіктен өлген әке-шешесіне бір уыс топырақ тастай алмауынан асқан қасірет бар ма? Ал өзіне сенген сүйіктісі мен жас баласын тірідей жетім етіп, сор маңдайына соққы тигеннен кейін ес жинағанының өзі өте кеш. Алайда, сарыла күткен жас жары мен жалғызын жетектеген Жалқытайдың мұнаралы мешітке беттеп бара жатқанымен мәресіне жеткен қойылым көрерменнің көзіне жас алып келді.

Иә, шығармашылық адамды шабыттандыратын да, мерейін тасытатын да биік асу, межелі мақсат пен еңбегінің еленуі. Жер жаннаты Жетісудың басшысы айтқандай, өнер жолында ерінбей еңбектеніп, талмай тер төгіп келе жатқан облыстық Б. Римова атындағы драма театрының актерлері талай белесті бағындырып, халықаралық байқауларда топ жарып жүр. Сол себепті де, облыс басшысының құрметіне бөленіп, ел алғысын арқалап келеді десек артық айтқандық болмас.

БЖК2020
БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ-2020



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Тігін тігу – бір өнер

Қаратал ауданының Үштөбе қаласында «Қамқор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шағын тігін цехы жұмыс істейді. Кәсіпорын негізінен әртүрлі киім үлгілерімен қоса оқушыларға арналған мектеп формаларын да тігеді. Кішігірім қалада осындай іспен шұғылданып, халықтың жеке сұранысын қанағаттандыруға өзіндік септігін тигізіп отырған бұл орынды көпшілікке үлгі деуге болады. Мекемедегі жұмыс жайын фабрика директорының міндетін атқарушы, бас есепшісі Наталья Ким әңгімелеп берді.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Натальяның айтуынша, аталған кәсіпорын 1997 жылы құрылған. Содан бері талай істің басын қайырып үлгерген цехтың қазіргі жағдайы жаман емес. Жыл озған сайын жұмыс ауқымы кеңейіп, жанданып келеді. Шаруаларын одан әрі дөңгеленту үшін «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 7,1 млн. теңге несие алып, сол қаражатқа фабриканың ғимараты жөнделіп, жаңа тігін машиналары және басқа да қажет дүниелер сатып алынған. Алдағы уақытта кестелейтін машинкалар алынбақ. Мамандардың сөзінше, соңғы жылдары киім үлгілеріне тапсырыс берушілер қатары артқан көрінеді. Ал жаз айларында тіпті көбейеді. Қазір мұнда он адам еңбекпен қамтамасыз етілген. Жақын күндерде Жұмыспен қамту орталығы арқылы тағы жетеуі еңбекке тартылмақ.

Жанар ШАТЫРБАЕВА, тігінші:

– Мамандығым тікелей осы саламен байланысты. Сондықтан, үйде отырсам да бұдан қол үзген емеспін. Құрақ қиып, көрпелер құраймын. Тігіншілік өнерінде, ең бірінші, талап пен ынта-ықылас және жігер, шыдамдылық керек. Көз өткірлігі мен қол икемділігі де қажет. Сонда ғана жұмысың оңға басып, өнімді болады. Шынымды айтсам, тігіншілік ісі мені ешқашан жалықтырып, шаршатқан емес. Мүмкін анамнан берілген қасиет болар, ол кісі де тігін тігумен айналысқанды ұнататын. Қыздарым да жақсы көреді. Тапсырыс берушілерге киімді жас мөлшеріне, денесіне қарап ыңғайлы әрі әдемі етіп тігуге тырысамыз. Өзіме және балаларыма қажет киімдерді де тігемін. Жалақымыз уақытылы беріледі. Бір сөзбен айтқанда, жұмысым өзіме ұнайды. Ұжымымыздың ауызбірлігі мен іске деген ерекше ынтасын жоғары бағалаймын. Бір-бірімізбен тәжірибе алмаса отырып еңбек етеміз.

Олар Талдықорған қаласында арнайы оқудан өтіп, аталған сала бойынша білім-біліктіліктерін жетілдіретін болады. Кәсіпорында еңбек ететін қыз-келіншектер сол ауылдың тұрғындары. Мамандар жақын маңнан жұмыс тапқандарына риза. Байқағанымыздай, тігіншілердің басым бөлігі байырғы кадрлар. Сондықтан болар, тәжірибелі ісмерлердің қолынан шыққан тігін бұйымдарына деген сұраныс та жоғары. Оларға өздері жасаған еңбектерінің саны мен сапасына қарай жалақы төленеді.

Цех ішінде кішігірім дүкен бар. Онда сырт киімнің небір түрі саудалануда. Бәрі осы фабриканың өнімдері. Бағасы базардағыдан әлдеқайда төмен. Керегіңді таңдап алуыңа болады. Әркім өзіне ұнайтын көйлек үлгісін ерекше етіп піштіріп, тіктіруіне мүмкіндігі бар.

Тапсырыс берушілер түрі, түсі әртүрлі маталарды да сол жерден табады, таңдап алады. Сапасы да жаман емес. Фабрикада қазақтың ұлттық киімдері де тігіледі. Бұған көбіне Мәдениет үйінің қызметкерлері тапсырыс береді.

Аталған кәсіпорын кеңес кезінен бері жұмыс істеп келеді. Кейіннен жекешеленіп, іс одан әрі жалғасын тапқан. Қазіргі кезде тігін фабрикасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, биыл шағын бизнес субъектілерін несиелендіруге 14,6 млрд. теңге бағытталмақ. Соның 4 млрд. теңгесі «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы арқылы беріледі.

Қаратал ауданы.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Кезек күттірмейтін мәселе

Бүгінгі қоғам індеті, шешімі кезек күттірмейтін үлкен мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық. Бұл індетпен күресті Елбасымыздың өзі алдыңғы қатарға қойып отыр.

Осы мәселенің алдын алу мақсатында облыстық әкімдіктің мәжіліс залында мемлекеттік қызмет істері департаментінің мамандары «Қазіргі замандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Аудан, қала әкімдері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, мемлекеттік мекемелердің өкілдері қатысқан конференцияда Мемлекеттік қызмет істері министрлігі облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Абзал Керімбекұлы, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының бақылау инспекторы Әсет Тұрдығұлов, облыс прокуратурасының бірінші басқарма прокуроры Ермек Молдықұлов, облыстық ішкі істер департаменті кадр жұмысы басқармасының басшысы, полиция полковнигі Данияр Аитов, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доктаранты Асқар Адамов арнайы баяндама оқып, елеулі мәселелерді алға тартты. Алқалы жиында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру», «Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі партияның рөлі», «Қазіргі кездегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» сынды тақырыптар талқыланды.

Жемқорлықпен күресте жемісін берген шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, бірнеше ұсыныс айтылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев белгілеген «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы осы мәселеге қатысты қадамдар қарастырылды.

М. ДАНИЯРҰЛЫ.

ИНВЕСТИЦИЯ

Ресейде дәрі-дәрмек өндірумен танымал «Рафарма» АҚ Талдықорған қаласынан өз өкілдігін ашып, дәрі зауытын салуды көздеп отыр. Жақында «Рафарма» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы, экономика ғылымдарының докторы Надежда Брусницына, бас директорының орынбасары, директорлар кеңесінің мүшесі Александр Агеев бастаған топ қаламызға келіп, қала әкімі Бағдат Қарасаевтың қабылдауында болып, жоба-жоспарымен бөлісті.

Дәрі зауыты салынады

Қажет АНДАС

Расында, инвестор өз қаржысының шашауы шықпай керекке жарағанын ойлайды. Сондықтан құрлық аттап, мемлекет аралап, әр өңірдің шарт-жағдайы бизнес жоспарына үйлесетін-үйлеспейтінін терең зерделеп, жан-жақтылы талдау жасайды. Қалауына жаққан жерге қаржы құйып, жұмысын өркендетуге күш салады. Осы жайлы кеңінен тоқталған Надежда ханым кейінгі жылдары Қазақстандағы саяси жағдайдың тұрақтылығы шетелдік инвесторларды қатты қызықтырып отырғанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, Еуропа және өзге елдердегі аумалы-төкпелі жағдайлар қаржыгерлердің алаңдаушылығын туындатқандықтан, олар экономикасы тұрақты дамып келе жатқан Орталық және Шығыс Азия елдерінің нарығына шығуды ойластыра бастаған. Қазақстан нарығы қазіргі Қытай мен Оңтүстік Азия елдеріне шығатын стратегиялық қақпа болып отыр. Соның ішінде Еуропалық нарыққа тосқауыл қойылған Ресейлік кәсіпорындар Қазақстанға тәуелділігі артып келеді. «Рафарма» кәсіпорнының елімізге қызығуындағы басты себебі осы.

Сондай-ақ, Жетісу жерінің экологиялық, табиғи шарт-жағдайы, топырағының құрамы мен суының құнары дертке дауа антибиотик пен ісікке қарсы дәрілер өндіретін кәсіпорынға сай. Бұл туралы кеңінен тоқталған Александр Агеев өздері салатын дәрі зауытының ықтималдығы мен мүмкіндігі жайлы сөз қозғады. Оның айтуынша, жылына 1,5 миллиард дәрі-дәрмек, 180 миллион дана қатты қорапты капсула, 62,5 миллион құты екпе дәрі, 18 миллион қағаз қораптағы дәрі, 75 миллион дана бөтелкеге құйылған сұйық дәрілік зат өндіретін дәрі зауытын салуға 5 гектар жер керек. Оның 25 мың шаршы метріне зауыттың дәрі өндіретін цехы бой көтереді. Қалғанына қосалқы құрылыстар салынатын көрінеді.

Зауыттың дәрі өндіретін цехы заманауи құрылғылармен жабдықталады. Жалпы, бас ауруына, психикалық ауытқуды реттейтін, қандағы қант мөлшерін теңшейтін, қатерлі ісіктің алдын алатын 15 түрлі дәрі өндіретін зауытта 600-ге жуық адам жұмыспен қамтылмақ. Тек дәрі өндіретін цехта заманауи құрылғының тілін білетін 20-дан астам техник-маман жұмыс істейтін болады. Зауыт жұмысына жергілікті жердің азаматтары тартылады. Ал дәрі өндіретін цехтың жұмысын реттейтін мамандарды аталмыш кәсіпорын зауыт құрылысы толық аяқтауға кететін екі жылда Ресейде дайындамақ.

Мамандардың пікірін толық тыңдап, олардың ұсынысын ой елегінен өткізген қала әкімі сөз арасында облыс әкімінің тапсырмасы бойынша өңіріміздің экономикалық ахуалын жетілдіретін, әлеуметтің әлеуетін арттыруға тиімді жобаларға қашанда қолдау танытатынын жеткізді. Сонымен қатар, қала әкімдігінің дәрі зауытын салуға қолайлы жер телімін тауып беруге, құрылыс жұмысына қажетті коммуналдық қызмет түрімен, мысалы, су, жарық, жылу жүйелерімен қамтамасыз етуге қол ұшын беретінін білдірді.

Алдымен қаржыгерлер қаламыздың жағдайымен танысып, қаржылық мәселесін шешіп, бір бекімге келуі керек. Егер қос тарап дәрі зауытының жобасы жайлы ортақ шешімге келсе, көп өтпей талдықорғандықтар өз қаласында өндірілген дәрі-дәрмекті тұтына алады.

«Жетісу» ақпарат

ИМАНЫ БАРДЫҢ ЖИҒАНЫ БАР

Облыс орталығынан шет жатқан елді мекендердегі имандылықты арқау еткен шаралардың көбеюі қазіргідей тәрбие белбеуі босаңсыған кезеңде көз қуантып, көңілге қуаныш ұялатады.

Әсіресе, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының соңғы кездері еліміздің шалғай орналасқан өңірлеріндегі имамдардың мәселелеріне айрықша мән беріп, абыройын көтеруге бағытталған шаралары құптарлық іс. Облыс орталығынан шеткері жатқан Сарқан ауданы, Шатырбай ауылында «Имам — рухани тұлға, қоғамды тәрбиелеуші ұстаз» тақырыбымен семинар өткізілді. Кеңес барысында ҚМДБ-ның Талдықорған өңірі бойынша өкіл имамы Серікхан қажы Рымханұлы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының тұғырнамасы, ауылдағы рухани өкілдің бет-бейнесі, ауыл имамдарының жауапкершілігі жайында кеңінен сөз қозғап, осы бағыттағы ширатылар шаруаның маңыздылығын атап өтті. Жиын соңында өнегелі істерімен өзгелерге үлгі болып келген Сарқан ауданы, Шатырбай ауылының молдасы Өнерханов Бағланға Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Ержан қажы Малғажыұлының атынан қаржылай сый табыс етті.

ҚМДБ-ның Талдықорған өңірі бойынша өкіл имамы Серікхан қажы Рымханұлының бастамасымен жоғары деңгейде ұйымдастырылған діни шара өзге өңірлерге үлгі болса құба-құп.

АНАЛАР — АСЫЛ ҚАЗЫНА

«Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» — деген халқымыз. Шындығында әлемді нұрлы етіп тұрған қыз-келіншектер. Адамзатқа әлемнің жарығын сыйлаған Анаға бәріміз қарызбыз. Ұрпақ өсірумен қатар елдің бірлігін сақтауға үлесін қосып келе жатқан қазақ әйелдері қай заманда да ақылдылығымен ерекшеленген.

Білім ордаларында өтетін тәрбиелік кештер мен ашық сабақтарда ұрпақ сабақтастығы жайлы жиі айтылады. Батыр, елге пана, дана болған аналар өмірі үлгі етіледі. Жақында Абай атындағы мектеп гимназияның шағын орталығында тәрбиешілер Бағдагүл Тұлкібайқызы мен Гүлмира Достарқызының ұйымдастыруымен «Аналар — асыл қазынам» деген тақырыпта ертеңгілік болып өтті. Онда бүлдіршіндеріміз өз өнерін көрсетті. Қыздар «Қуыршақ», «Кап-кап биін, ұлдар «Матросты» биледі. Бүлдіршіндер сыңғырлаған дауыспен «Көктем», «Тату доспыз бәріміз», «Ақ мама», «Әжетайым» атты әндерді орындап, тақпағын айтып берді. Тәрбиешілер ұл-қыздарға «Анамызға дастарқан әзірлейміз» деген ойынды ойнатты. Білім шаңырағы балаларымызды актерлік шеберлікке бейімдепті. Балақайлар «Ана іздеген бала» деген тақырыпта көрініс қойды. Перзенттерінің өнерін тамашалаған ата-аналар ұстаздар еңбегіне ризашылық білдірді. Апайларға мың да бір алғыс жолдады.

Көктемнің шуақты күніндей, сан алуан гүлдердей құлпырып, жайнап өсіп келе жатқан бүлдіршіндердің өнері барша көрерменнің көңілінен шықты. Жүздері бал-бұл жанған, көңілдерін қуаныш кернеген балақайлар ортаны толтырып, бақытты балалық шақты бейнеледі.

ӨРКЕНДЕУ КЕПІЛІ

ҚР Премьер-министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №12 өкімімен оңалту және банкроттық (ОЖБ), сонымен қатар төлем қабілетсіздігін реттеудің жаңа механизмдерін іске асыру бойынша іс-әрекет жоспары бекітілген. Осы іс-әрекет жоспарын іске асыру шеңберінде Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің ғимаратында семинар өтті.

Жиында ҚР Үкіметінің және ҚР Ұлттық банкінің 2016 — 2018 жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша дағдарысқа қарсы іс-әрекет жоспарын орындау мақсатында оңалту және банкроттық заңына енгізілген бірқатар өзгерістер мен толықтырулар таныстырылды. ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің салықтық бақылау департаменті борыштармен жұмыс басқармасы басшысының орынбасары Елена Мотовилова баяндама жасап, аталмыш іс-әрекет жоспары жайлы егжей-тегжейлі түсіндірді. Сонымен қатар, «Оңалту және банкроттық туралы» Заңын қолданудың соттық тәжірибесі туралы» баяндамасымен мамандандырылған аудандық экономикалық сотының судьялары сөз сөйледі.

Шара барысында ОЖБ рәсімінің негізгі жетілдіру бағыттары назарға алынды. Соның ішінде борышкер және кредитор арасындағы төлем қабілетсіздігін реттеу, банкроттықтан оңалтуға өту мүмкіндігі, кәсіпорындарды сату және меншік иесіне ауыстыру, банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған борышкерлерге қатысты барлық сұрақтарды бір сотқа бекіту әрі борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімін шұғыл орындау қатарлы бағыттар баяндалды. Сонымен бірге банкроттық барысында татулық келісімін жасаудың да маңыздылығы ескерілді. Әрі ОЖБ-да апелляциялық сатыда сот актілеріне шағымдануды шектеу мәселесі қаралды.

Нәтижесінде жаңа енгізілімдер бизнесті, жұмыс орындарын және салық салу базасын сақтауды, оңалту және банкроттық рәсімін жүргізу мерзімін қысқартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 40 (18172)
Бейсенбі, 7 сәуір, 2016 жыл.

РЕСМИ КЕЗДЕСУ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Алматыдағы өкілдігінде бірнеше ресми кездесулер өткізді. Ең алдымен облыс басшысы ауылшаруашылығы саласымен айналысатын отандық және ресейлік кәсіпкерлермен кездесті. Келелі пікірлерді ортаға салды. Бірлескен іс-әрекеттердің қандай нәтижелер әкелетіні талқыланды. Жүзеге асырамыз деп жоспарлаған жобалардың мүмкіндіктері сараланды.



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЫРЫСҚА БАСТАЙДЫ

Болат МӘЖИТ

– Облысқа қанаттас орналасқан ірі мегаполис – Алматы шаһарын азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі үнемі күн тәртібінде. Сонымен қатар, экспортқа да өнім шығармақпыз. Сондықтан жаңа көзқарастарға, жаңа технологияға басымдық беруді істің өзегіне айналдырғымыз келеді. Әсіресе, жылыжай кешендерінің көптеп салынуы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге ерекше серпін береді – деді Амандық Ғаббасұлы.

Енді облыста ауылшаруашылығы кластерін дамыту бағдарламасы негізінде 60 гектар аумаққа жаңа стандартпен жұмыс істейтін жылыжай кешенінің құрылысы салынатын болады. Инвестициялық жобаның құны 75 миллиард теңгені құрап отыр.

– Ең алдымен айтарым, құрылысқа бөлінген жер телімдерінде барлық жағдай жасалыпты. Инфрақұрылымдар талапқа сай. Бұл дегеніңіз, алға қойған жоспарларды белгіленген мерзімде аяқтауға зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан, сізге, Амандық Ғаббасұлы, алғысымыз шексіз. Біздің өнімдер тек Ресейге ғана емес, алыс-жақын шетелге де тарайды. Компаниямыздың нарықта жүргеніне 6 жылдай уақыт болды. Осы кезең ішінде 50 гектар жерге жылыжай кешендерін салып үлгердік. 2020 жылға қарай 400 гектарға жеткіземіз деген ойдамыз. Бүгін, міне, қазақстандық әріптестермен бірлесіп үлкен жобаны қолға алғалы отырмыз. Жұмысымыздың нәтижелі болатынына сенімдімін, – деді «ЭКО Культура» агроөнеркәсіптік холдингі директорлар кеңесінің төрағасы Александр Рудаков.

– Жылыжай кешені бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезекте 20 гектар аумаққа өндірістік қуаты жылына 15 мың тоннаға жететін қызанақ өсіретін жылыжай құрылысы салынады. Оған 25 миллиард теңге қаржы жұмсалмақ. Мұндағы өсірілетін көкөністерге ешқандай химиялық қоспа қосылмайды. Таза экологиялық өнім болатынына уәде береміз, – дейді кәсіпкерлер.

Ой қосып, күш біріктіре отырып аталған тараптар ортақ шешімге келді. Нәтижесінде облыс әкімдігі, «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК АҚ ресейлік «ЭКО-культура» агроөнеркәсіптік холдингі және еліміздегі «GreenLandAlatau» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бірлескен меморандумға қол қойды.

Бұдан кейін облыс әкімі Қытай Халық Республикасынан келген делегацияны қабылдады. Кездесу барысында тараптар екі ел арасындағы ауылшаруашылық байланыстар туралы кеңінен әңгімелесті. Екі мемлекетті ежелден байланыстырып келе жатқан мәдени, тарихи, экономикалық қарым-қатынастар бүгінде жаңа деңгейге көтеріліп отыр. Елімізде ерекше қарқынмен жүзеге асып жатқан «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» көлік дәлізі Ұлы Жібек жолының заңды жалғасы.

Қытайлық әріптестер Қарасай ауданы аумағынан «Достық» деп аталатын алма бағын өсіруді жоспарлап отыр. «Оның көлемі 600 гектар болады деп күтілуде. Бұл туралы СИТИК Resources» компаниясы директорының орынбасары Сунь Ян айтып берді.

– Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстар жыл санап қанатын кеңге жайып келеді. Бүгінгі басқосуымыз соның бір мысалы. Екі ел басшыларының келісіміне сәйкес Чень Ши провинциясы мен Алматы облысында алма бақтарын өсіру жоспарланған. Осыған орай, біз өткен жылы Чень-Шидегі 70 гектар аумаққа алма көшеттерін отырғызуды бастап кеттік. Енді міне, сол келісім негізінде сіздерге арнайы келіп отырмыз. Бөлінетін жер телімдері толық анықталған соң жұмысқа кірісеміз. Алдымен 100 гектар жерге көшеттер отырғызамыз. Ары қарай іс сәтімен жалғасады деп ойлаймын, – дейді Сунь Ян.

Аталған инвестициялық жоба құны 100 миллион долларды құрайды. Кәсіпкерлер тек алма бағын өсірумен шектелмейміз деп отыр. Сонымен қатар, ол жерде ғылыми-өндірістік орталық құру да жоспарда бар. Осындай іскерлік байланыстар екі мемлекеттің достығына өзіндік үлес қосатыны сөзсіз.

Алматы.

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ

Көшеге көшеттер отырғызылды

Бүгінгі таңда облыстың барлық өңірлерінде көктемгі санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Екі айға жарияланған іс-шараның барысымен арнайы танысуға келген облыстық тексеріс тобы Балқаш ауданы мен Қапшағай қаласын аралады.

Мақпал МЫСА

Балқаш ауданында 18 мың адам тазалық жұмысына жұмылдырылған. Ауданның орталығы Бақанас ауылының кіреберісі мен орталық көшелері бірден көз тартады. Таза әрі бүршік жарып келе жатқан ағаштар ауылға көрік беріп тұр. Мұнда 33-ке жуық әлеуметтік, өндірістік, мәдени бағыттағы ғимарат пен 1500-ге жуық тұрғын үй бар. Тексеріс тобы жұмыс қызу жүріп жатқан Сәкен Сейфуллин көшесіне келіп тоқтады. Мұндағы аумақты тазалауға аудандық ауруханаңың 60-қа жуық қызметкерлері жұмылдырылған. Көше сыпырылып, жол жиектері тырмаланып, жиналған қоқыстар жүк машинасына тиелуде. Шеңгелдер сол жерде өртеліп жатыр. Ал, күрішке су өтетін үлкен арнаның бойын аудандық жер, ауылшаруашылық, қаржы, кәсіпкерлік, жұмыспен қамту бөлімінің қызметкерлері тазалап жатыр.

Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясының бөлім басшысының міндетін атқарушы Жарас Смағұловтың айтуынша, 2 жарым гектар жерді алып жатқан полигон орнына төгілген қоқыстарды жылда жерге көміп отырады екен. Өзірше қоқысты өңдейтін ешқандай арнайы қондырғылар қойылмаған.

Ауыл әкімі Данияр Садықбаев көктемгі көгалдандыру жұмыстары бойынша 350-дей ағаш отырғызылғанын айтады. Бірақ орталық саябақтың жұтаңдау кейпін көріктендіру үшін, тез өсетін ағаштарды өсіру жұмысын жақын күнде қолға алмақшы. Бұрынғы отырғызған шағын талдары жел өтінде тұрған соң, кейбіреулері шіріп кеткен. Сол себепті де ық болатын әрі тез өсетін теректер отырғызу керек. Бұдан соң ауылдағы орталық монша айналасы тексерілді. Ескірген қазандық ошағы жөндеу жұмыстарына сұранып тұр. Аудан орталығында бүгінгі күнге дейін 60 тонна қоқыс шығарылған. Бақбақты және Миялы ауылдарында да 18 көшеге тазарту жұмыстары жүргізіліп, жиналған қоқыстар полигонға шығарылған.

Қапшағай қаласына бұрылар бағытымызда ең алдымен Шеңгелді ауылына тоқтадық. Мұнда да наурыз басталғалы тазалық айлығы қызу жүріп жатыр»,– дейді ауыл әкімінің орынбасары Райымбек Медеубаев. Ауылда 25 көше, 2 әскери бөлім, емхана, мектеп бар. Тазалық шаралары тыңғылықты атқарылғаны көрініп тұр. Бірақ бір айта кетерлігі, мұнда да қоқыс салынатын контейнерлердің жоқтығы кедергі. Көбінесе көшелерді аралағанымызда үй алдына төгілген құрылысқа қажетті құм, топырақ үйінділерін жиі кездестіріп қалдық. Комиссияның ескертуі бойынша, бұлай көше бойына төгуге рұқсат жоқ екендігі айтылды. Келесі бағыт алған Заречный ауылында да санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілген. Көше бойындағы арықтар тазартылған. Қапшағай қаласының халық көп жүретін орталық «Юбелейный» көшесі жабайы сауда жәрмеңкесінен арылып, басқа жерден базар ашылғалы бері ретке келтірілген. Ал автобекет артындағы үнемі үйіліп жататын қоқысты арнайы тексеруге барғанымызда, бірнеше күн бұрын ғана «Спутник», «Строитель» кооперативтерінің қожайындарына айыппұл салынғаны белгілі болды. Үйілген қоқыстардың жарты бөлігі шығарылып, аз бөлігі қалған.

Облыстық тұрғын үй коммуналдық кешені басқармасының бас маманы Бауыржан Құрманғалиев Балқаш ауданы мен Қапшағай қаласында да көктемгі санитарлық тазалық жұмыстары жүйелі жүргізіліп келе жатқандығын, азды-көпті сын-ескертпелер болғанын айтты.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІР КҮНІ

ҚАЛА АЖАРЫ айшықтала түседі

Облысымызда кейінгі жылдары түрлі саланы байыпты дамытудың кешенді жоспарлары қолға алынып, қала көріктеніп, сәулетіне салтанаты сай ғимараттар бірінен соң бірі бой көтере бастады. Сол қатарда ел игілігін еселей түскен Талдықорғанға кіреберістегі 7-шағын ауданда бой көтерген көп қабатты тұрғын үйлер, Оқушылар сарайы, Жастар қызмет көрсету орталығы, Жастар саябағы, Қаратал шағын ауданындағы 300 орынға арналған көпсалалы аурухана құрылысы, тағы да басқа нысандарды айтуға болады. Иә, миллиардтаған қаржының есебімен бой көтерген нысандардың келешегі кемел. Сонымен қатар, алдағы уақытта жұрт қуанышына бөленетін Шығыс шағын ауданда орын тепкен өндірістік аймақтағы игілікті бастамалар, Талдықорған әуежайының жаңа бейнесі қаланың сәулеті мен салтанатын арттыра түсетіндіктен әрбір жұмыс барысы облыстық әкімдіктің жіті қадағалауында. Сонымен қатар, қала сәулеттене түскен сайын оның тазалығы мен көркемдігіне қойылатын талап күшейтілуі керек.

Қажет АНДАС

Талдықорған қаласында жуық арада құрылыс жұмысы аяқталып, ел игілігіне берілетін бірнеше нысан бой көтеруде. Облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** осы аптада сол нысандарды аралап, құрылыс жұмысының қарқынымен танысып, инженерлік-техникалық жұмыстарда орын алған кемшіліктерге сын-ескертулер айтты. Әкім назарын алғаш аударған Талдықорған әуежайы болды. Осыдан 13 жыл бұрын күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген әуежай енді толық жаңартылатын болды. Наурыздың ортасынан бері күрделі жөндеу жұмысы басталған нысанды «Нұр – Шапағат» құрылыс» ЖШС алған. Жалпы 1735 м2 аумаққа жөндеу жұмысы жүргізіледі деп жоспарланған нысанның төбесі, тағаны, қабырғасы, сыртқы касбеті толығымен ауыстырылмақ. Сондай-ақ, 1-2-қабаттың ішкі безендірілуі мен құрылымы да толықтай өзгертіледі. Оған еліміздегі отқа тез жанбайтын, жаңбыр суының шаюына төзімді, 25 жылға дейін өзіндік құнын жоймайтын материалдар қолданылады. «Бұл әуежайға келіп-кететін қонақтарды күтіп алу мен шығарып салуға өте тиімді әрі жаңға жайлылық сыйлайды», – дейді мердігер компанияның бас директоры Қайрат Кереев. Сонымен қатар, әуежайдың мүмкіндігін арттыру үшін қазіргі ғимараттың жанынан жаңадан 759,32 м2 VIP залдың құрылысы жүргізілуде. Онда жиынжай, әуежай қызметкерлеріне арналған кабинеттер, қонақтарды күтіп алып, шығарып салатын арнайы орындар болады. Маусым айының ортасына қарай құрылыс жұмысы аяқталатын нысанның жағдайымен танысқан облыс әкімі мердігер компания өкілдеріне әуежай ел іші мен шетелден келетін қонақтарға Талдықорған қаласы жайлы алғаш рет әсер беретін айна екенін ескертіп, құрылыс жұмысын уақытында және сапалы орындау керектігін тапсырды.

Қаланың шығыс кіреберісіндегі айналма жолдың құрылысы да қарқын алған. Мұндағы жұмыстар мамырдың орта шенінде аяқталмақ. Қазір онда қойылатын ескерткіштің іргетасы құйылып, адамдар жүретін айналма жолдың тасы төселуде және жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде. Өңір басшысы олардың да бірқатарына түзетулер енгізді. Сондай-ақ, Қаратал өзені жағалауындағы құрылыс алаңында қызу еңбек қарқын алып, негізгі жұмыстар аяқталыпты. Жаяу жүргіншілерге арналған жол тастары төселіп, әртүрлі ағаш көшеттері отырғызылыпты. Жұмысқа тартылған техника да жетерлік. Құрылысқа серпін беріп, білек сыбана іске кіріскен еңбеккерлер де қолдарына күрек алып, жасыл желек өсетін орынды тегістеп, қаракет етуде. Мұнда барлығы жүзден аса адам еңбекке жұмылдырылыпты. Алаңда атқарылған қыруар шаруа талдықорғандықтардың алаңсыз серуендеуіне оңтайлы мүмкіндіктердің қарастырылғанын аңғартып тұрды. Осының бәріне ден қойған Амандық Ғаббасұлы Қаратал өзені бойынан салынып жатқан аллея мен спорттық шынықтыру алаңының жұмысына да бағыт-бағдар берді. Қаратал шомылу алаңының жобасына бірқатар өзгерістер енгізумен қатар, алдағы уақытта күрделі жөндеу жұмысы басталатын Орталық саябақ құрылысының жобасына көңілі толатынын жеткізді.

(Соңы 2-бетте).



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

ШАРАПАТ

Еңбекшіқазақ аудандық «Нұр Отан» партиясының филиалы жуырда «Мейірімді жүрек» қайырымдылық акциясын өткізді. Жақсылық жасаудың жарқын үлгісі Түрген ауылында көрсетілді.

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Акцияны «Елім-ай» қоғамдық қорының төрағасы Ж. Мұхамедов ұйымдастырды. Шараға келген әлеуметтік жағдайы төмен он бір отбасы тұрмыстық жиһаздарға ие болды. Оларға тегін көрпе, төсек, ыдыс-аяқ және кілем таратылды.

Шарапатты шарада Түрген селолық округінің әкімі Б. Елеусізова құттықтау сөз сөйлеп, қайырымдылық жасаушыларға арнайы ауылдағы Мәдениет үйінде қабылдау бөлімшесі ашылғанын көпшілікке жеткізді. Аталған бөлімшеге мекеме қызметкерлері мен қайырымды азаматтар аптасына екі рет өздерінен артылған азық-түлік, киім-кешекті өткізу арқылы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсететін болады.

Мәриям МАЙЛЫҚҰТОВА.
Еңбекшіқазақ ауданы.

БЖК2020 БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2020

Облыстағы бірқатар компания 2,0 млрд. теңгеден асатын мемлекеттік қолдау алмақ. Осы ретте облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аймақтық Үйлестіру кеңесінің кезекті отырысын өткізді.

Қолдау көрсетіледі

Онда кәсіпкерлердің 2,1 млрд. теңгеден асатын өтініштері қаралып, кәсіпорындар қолдау алатын болды. Олардың қатарында «Байғазин», «Досмұхамбет», «Golden Maken», «Ахметова» сияқты бірнеше жеке кәсіпкерлер бар. Несие қаражаты жабдықтар мен айналым капиталын толықтыруға пайдаланылатын болады. Барлық жобаның жылдық пайыздық мөлшерлемелері 7-ден 10 пайызға дейін несие бойынша төмендетілмек. Ал, кейбір жобаларға «Даму» қорының кепілі берілген. Өтініш берген кәсіпкерлер өндіріс, мал шаруашылығы, сауда және көлік жөндеу орталығы мен денсаулық сақтау саласы бойынша жүргізіп отырған бизнестерін одан әрі өрістететін болады.

Айта кетейік, биыл Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында алғаш рет жаттығу залы ашылмақ. Жеке кәсіпкер «Досмұхамбет» өзінің сауда саласын кеңейте отырып, жаңа бағыт бойынша дамуды көздейді. Ал Қарасай ауданындағы «Байғазина» жеке кәсіпкерлігі «Даму Микро» бағдарламасы аясында көлік жөндеу орталығы қызметін көрсетуге қолдау тапты. Облыста «Бизнестің жол картасы –2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы бойынша жыл басынан бері аймақтық Үйлестіру кеңесінің отырысымен барлығы 2,5 млрд. теңгеден аса 29 жоба бекітілді.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Алматы облысы бойынша департаменті Қазақстан Республикасының әр азаматының қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша ашық келісімге қосылуына мүмкіндігі бар екенін хабарлайды.

Келісімге www.adaldyk.kz. сайтында қосылуға болады.

Анықтама телефоны: 32-93-21

КӘСІБІ – НӘСІБІ

Аудан орталығынан солтүстік-батысқа қарай алпыс шақырым шалғайда жатқан Ақдалада атакәсіпті қолға алған іскер жанның бірі – Болат Мырзахметов. Алты қырдың астындағы аядай ауылда тұратын ол мал шаруашылығымен айналысып, саланы дамытуға өз үлесін қосып келеді.

Серік САТЫБАЛДИЕВ



МАЛ ҚАРАСЫ көбейді

Кәсіпкердің «Абылай» шаруа қожалығын құрып, түлік өсіруге ден қойғанына биыл он екінші жыл. Малдың баққанға бітетіні айдан анық десек, бұл істің жыл он екі ай бойы тынымсыз тірлікті қажет ететіні белгілі. Болаттың тамшылата тер төге еткен еңбегі өз нәтижесін беріп, алдына салған сиыр мен қойдың саны жылдан жылға өз төлі есебінен артты. Бұдан бес жыл бұрын мемлекеттің қолдауымен «Сыбаға» бағдарламасы арқылы пайызы төмендетілген несие алып, малдың қарасын көбейте түсті. Бүгінде оның қожалығы етті бағытағы мал өсіреді. Ол үшін мемлекеттен асыл тұқымды малдың әр басына демеуқаржы алып тұрады.

Қазір қазақтың ақбас бұқалары мен тана-торпағымен қоса екі жүзден аса сиыр, мың қой иелігінде. Кейінгі екі жылда тиісті салмаққа жеткізе бір жасар 180 бас бұқашық өткізді. Оны округ орталығы Үңгіртастағы ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру мақсатында жұмыс істейтін мал бордақылау алаңын сатып алды. Қожалық қажетті мал азығының негізгісін өзі дайындайды. Ол үшін шөп шабатын, тасымалдайтын техникалары бар. Шаруақор азамат үш отбасын тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жалақыларын уақытылы беріп, жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасап, еңбек адамының мандай терін бағалайды. Бір ұл мен екі қыздың әкесі Болат жан-жары Нәсіпкүлмен отбасы нәсібін атакәсіптен теріп жүр.

Ақдала ауылы, Жамбыл ауданы.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 42 (18174)
Сейсенбі, 12 сәуір, 2016 жыл.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ТІРЕГІМІЗ – татулық 2-бет

ӨШПЕС із қалдырған 3-бет

ӨМІРГЕ ҚҰШТАР өнерлі жандар 4-бет

БҮГІН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АВИАЦИЯ ЖӘНЕ ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ







АСПАНДЫ АРМАНДАҒАН АДАМЗАТ

Қазақтың ғарышты бағындырғаны кеше ғана, дәлірек айтсақ, содан бері ширек ғасыр өтті. Ал қиял құсымен жеті қат көкті ықылым заманнан бері шарлап келеді. Абыздар аспанды ақылмен аралап, ұлт болашағын бағдарлай білді. Елді ерлікке бастаған жыраулар жұлдыздармен түн жамыла сыр бөлісіп, аспан әлеміне қатысты түйдек-түйдек теңеулермен жағаға жармасқан опасыз жаудың сағын сындырды. Қысқасы, қара түнде сүт сәуле шашқан Ай да, жұмыр жерді жылуына бөлеген құдіретті Күн де, ұшы-қиырсыз алып аспанды жымыңдай көмкерген қалың жұлдыз да қазаққа таңсық емес. Шегіне көңіл де, көз де жетпейтін ғажайып ғарыш әлемі, тұңғиық зеңгір көк халықпен ежелден етене. Аспан туралы Алаштың арманы әлмисақтан, тым арыдан, бағзы дәуірден басталады. Қалай дейсіз ғой баяғы?! Адамзат әу баста жаратылып, жер бетіне аяқ басқан күннен аспанға қол созды. Көне тастағы көкке ұмсынған таңбалар, халықтың ескі рухани мұраларында кездесетін Айжұлдыздар, ежелден жеткен аспан туралы жөн-жоралғылар осылай ой қорытуға мәжбүрлейді. Адамдар аспан арқылы арманын ұштады. Көкке қарап қиялына қанат бітірді. Шексіздіктің шегін іздеймін деп ғылым мен өндірісті өрге бастырды.

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Алғашында ұшатын кілеммен қиялын шыңдаған халық кейін бұл әфсанасын бүлдіршіндердің ертегісіне еншілеп берді. Артынша көктегі жұмбақ жаратылыстармен сырласып, ақындар ұзын-сонар жырына қосты. Қазақ та әлемдік өркениеттегі өзгерістерден қалыс қалмай, таза ақылмен аспанды бағындырып қойды. Кейіпкерлері көкті аралап, қанат қаққан ғажайып ертегілерінен өзге ел ішінде тұрақты теңеулер, жаңа ұғымдар сөз қолданысына енді. Мәселенки, «Жеті қат көк», «Ғарыш әлемі», «Айы оңынан туды», «Аспанның тіреуі жоқ» сынды тіркестер мен ұғымдар, тіпті, «Жұлдызы қарсы адам» деген мінез сипаттамасы қазақпен ежелден етене, емін-еркін айтыла береді. Демек, бұл деректер біздің баяғыдан ғарышқа ғашықтығымызды айғақтамай ма?!

Мұны азсынсаңыз, жаугершілік дәуірдегі жыраулар поэзиясына құлақ түріп көріңіз. Анығырақ айтсақ, хан Абылайдың ақылманы болған Бұқар жырау Қалқаманұлының дастандарында аспан әлемі кеңінен дәріптелді. Қайран ақын: «Айналасын Жер тұтқан Айды батпас демеңіз», – деп жыр тиегін ағытады. Енді бірде:

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат,

– деп толғатады. Бұл жыр жолдары адам баласы ғарышты бағындырған жарты ғасыр бұрын жазылған жоқ. Яки, кеше ғана Тоқтар, Талғат, Айдындар Айға самғағанда туған асқақ рухтың өлеңі емес. Бұл – жүз жасаған жыраудың ер етігімен қан кешіп, ат ауыздығымен су ішкен жаугершілік заманда айтқан ап-айқын теңеуі. Осыдан төрт ғасыр бұрын төгілген толғаудың төрт аяғы тең түскен жұп-жұмыр тармағы.

Құнанбайдай қажы атасының ізін жалғап, мұсылманшылықтың шамын жаққан ақын Шәкәрім ше? Иә, кәдімгі хәкім Абайдың ізінен ерген інісі. Сол бір өлеңінде:

Ақыл құсы адаспай
аспандаса,
Әлемде нәрсе болмас оған
таса.
Жеті көк жерден оңай
басқыш болып,
Ғарышқа қол жетеді қармаласа, –

деп жырлайды. Не байқадыңыз? Бұлар қазақтың ықылым заманнан ғарышқа ынтықтығын дәлелдей алмай ма?! Дәлелдегенде қандай! Дәлелі былай тұрсын, дәл осы ақынның ақылына, данышпандық көзқарасына үңіліңізші. Айдың айналасын Жер тұтқанын Бұқар жырау әйгілі Николай Коперниктің Күн жүйесі туралы анықтамасынан білді дейсіз бе?! Жоқ, ол бар болғаны, Шәкәрім айтпақшы, ақыл құсымен аспанды аралап қайтты. Ай арқылы адамзатқа ақыл айтады. Өмір мен өлімді бірауыз өлең арқылы таразылап бере салады. Шәкәрімде де сол. Расында, ақынның өзі жырлағандай, қармалап жүріп ғарышқа да адам аяғы тиді.

Көне ғасырлардан ұшқыш кілеммен көкті шарлаған адамзаттың асқақ арманы осыдан тұп-тура 55 жыл бұрын, дәл осы 12 сәуір күні жүзеге асты. Таңғы сағат тілі 9:07-ні көрсеткенде ғарышқа алғашқы адам – Юрий Алексеевич Гагарин көтерілді. Ол жұмыр Жерді 1 сағат 48 минут бойы ғарыштан бақылап, тарихта тұңғыш рет орбитаны айналып шықты. Содан бері Юрий Гагариннің есімі бес құрлыққа тарап, бүкіл әлем алақанында әлпештеп әкетті.

Гагариннің балалық шағы Ресейдің Смоленск облысында, Гжатск қаласының маңында өтті. Бұл қала қазіргі таңда Гагарин аталады. Оның әйгілі «Жерді көріп тұрмын» атты кітабы тіпті әсерлі жазылған. Мұнда Гагарин қарапайым тілмен өзінің өмір баспалдақтарын түгел баяндап шығады. «Соғыс жүріп жатқан кез. Кенет мектептен қайтқан достарымның бірі: «Қарандаршы!» – деп көкті меңзеді. Бәріміз аңтарылып аспанға қарадық. Екі ұшақ жерге қарай төмендеп келеді екен. Біреуі түтіндеген. Ал екіншісі бүтін. Екеуі де біздің ауылдың іргесіндегі саздауытқа дін аман қонды. Маған сонда әскери адамдардың бір-бірін тастамайтын сертке беріктігі, жаралы жауынгер жолдасын қанды соғыста қалдырмайтын адалдықтары қатты әсер етті. Сол кезде ұшақты тұңғыш көріп, әуестігім оянды», – деп жазады Гагарин аталған кітабында. Жазған кітаптарының негізінде кейін көркем фильмдер түсірілді. Әсіресе, «Гагарин» атты Ресейдің кеңестік идеологиядан тазартылған, соңғы үлгіде түсірілген киносына көз жүгіртіп көріңізші. Бірден ғарышкер болуды армандайтыныңызға біз кепілміз.

Осылай тұңғыш ғарышкердің өмір тарихында ең қызықты шақ басталды. Әкесі мен анасына көмектесіп, қара жұмысқа ерте кезден жегілсе де, әскер қатарында әуе базасының училищесінде оқып, кәсіби даярлықтан өтеді. Табанды ізденіс пен үздіксіз білімге деген құштарлық Гагариннің арманын іске асырады. Ол небәрі жиырма жеті жасында аспанды бағындырды. Тым ерте өмірден өтсе де, оның есімі аңызға айналып, адамзат тарихында алтын әріптермен жазылды. Ал қазақ тарихында ғарышқа сапар шеккен бірінші адам – Тоқтар Әубәкіров. Аспан әлемінде 7 күн, 22 сағат, 13 минутын өткізген алғашқы қазақты Алаш жұрты Гагариннен кем құрмет тұтпайды. Өйткені, Тоқтар – Алаштың алғашқы айбозы.

Қазақтың тұңғыш ғарышкері жастайынан жетімдіктің тақсіретін тартты. Туған ауылын көк жүзінен көруді ол бала кезінен армандады. Балалық шақтағы асқақ арман есейе келе бұлжымас мақсатқа айналып, 1991 жылдың 2 қазанында өзінің ғана емес, бар қазақтың абыройын аспанға көтерді. Тоқтардың ең үлкен ерлігі – Гагариннен қалған кеңестік үрдісті бұзып, қазақ тілінде айтқан пәрменді сөзі. Гагарин алғаш ғарышқа самғау пәрмені берілгенде: «Поехали!» – деген болатын. Содан бері бүкіл әлемнің ғарышкерлері осы сөзді айтуды дәстүрге айналдырған. Ал Тоқтар журналистерге берген бір сұхбатында: «Мен Гагариннен қалған дәстүрді бұзып: «Халқым, сен үшін отқа да, суға да түсуге дайынмын!» – деп айттым. Бұл сөздерім таспада бар», – дейді. Керемет сөз емес пе?! Айтарымыз, ғарышкерлердің бойында отаншылдық рухты оятатын, жас ұрпақты өнегеге шақыратын жақсы қасиеттер көп-ақ.

Тоқтар салған жұлдыздар жолымен қазақтың, Жетісу өлкесінің Талғат Мұсабаевы мен Айдын Айымбетовы самғады. Үш қыранның арасын жылдар бөліп жатқанмен, бәрі қазақтың тәуелсіздік алған ширек ғасырында ғарыш кеңістігін бағындырды. Көк Туымызды аспанда, жұмыр жер жұдырыққа сыйып кетердей ғажап көріністе, тұңғиық ғарыш кеңістігінде желбіретіп қайтты. Бір ғана Талғаттың өзі ғарышқа үш рет қатарынан көтеріліп, 341 күн бойы зерттеу жүргізді. Сонымен бірге, Алланың сөзі қасиетті Құран Кәрімді аспан әлеміне көтеріп шыққан алғашқы адам һәм тұңғыш қазақ. Жерлесіміз, жетісулық Айдын Айымбетов он күн ғарышта медициналық, экологиялық және биологиялық бақылау жасап оралды. Алаштың айбынды ұлының бірі Айдын зеңгір көкке қазақ халқының ұзақ жылдар сақталса бұзылмайтын, дәмі тіл үйіріп, сөлі нәр беретін құрты мен ірімшігін алып барған нағыз ұлт перзенті. Байқоңырдан 500-інші болып көкке самғаған Айдын Айымбетов әлі де бірнеше мәрте ғарышта ғылыми зерттеу жүргізіп қайтуға дайын.

Біз үш ғарышкерін ұшырған әлемдегі сананалы 9 мемлекеттің қатарына ендік. Білесіз бе, бұл өте үлкен жетістік. Ендеше, қуан, қазағым! Үш қыранымен, үш ғарышкерінмен қуан! Халықтың ауыз әдебиетіндегі ғарыштық арман, аспан әлемін самғаған ұшқыр қиял, кешегі жыраулар поэзиясындағы Ай-жұлдыздар теңеуі жүзеге асты. Қазақтың үш ғарышкері аңызды, әфсананы, ертегіні, өлеңді ақиқатқа айналдырды. Адамзаттың аспан туралы асқақ арманы орындалды.

«Бір минут қалды!» – дегенде жүрегім дүрсілдеп, демігіп кетсем де, жылдам есімді жиып, бүкіл үрейім кенеттен зым-зия болды. Командир: «Кеттік», – дегенде: «Ал, қазағым, сен үшін ұшуға да, жануға да дайынмын!» – дедім. Бұл күн бүкіл қазақтың намысын мықтап ұққан күнім болатын.

Тоқтар ӘУБӘКІРОВ,
қазақтың тұңғыш ғарышкері,
Қазақстанның Халық Қаһарманы.

Мен ғарышқа бірінші ұшқанымда ішімде айтып жеткізе алмайтын құдіретті сенім қалыптасты. Екінші рет ғарышқа көтерілгенімде Алланың бар екеніне анық көзім жетті. Әсіресе, Сауд Арабиясының үстінен өткенде өзімді айрықша сезіндім. Сол аймақ әшейін шөл дала, құба-жон, құмды адыр болып көрінгенмен, түр-түсі мүлде өзгеше еді.

Талғат МҰСАБАЕВ,
қазақтың екінші ғарышкері,
Қазақстан аэроғарыш комитетінің төрағасы.

Жер – тірі организм. Сол аяулы Жерді аспаннан тамашалаған адам мансап пен ақшаның баянсыз екенін бірден түсінеді. Алақандай Жерде кіпкішкентай адамның бейбіт өмір сүре алмайтыны өкініште. Егер екінші рет өмір сүру мүмкіндігі берілсе, тағы да аспанды армандар едім. Мен алдыма тек Қазақстанның төлқұжатымен ұшамын деген бұлжымас мақсат қойдым. Сол мақсатыма жеттім де.

Айдын АЙЫМБЕТОВ,
қазақтың үшінші ғарышкері,
Қазақстанның Халық Қаһарманы.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

АҚСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Ақсу өзенінің екі жағасына орныққан ел жарты ғасырға жуық нәпақасын тәтті түбір өсіруден тауып келді. Дерек көздеріне үңілсек, 82 гектар аумақты алып жатқан Ақсу қант зауыты 1967 жылы салынды. Зауыт құрылысы чехословакиялық жобамен жүргізіліп, сол елдің мамандарының басқаруымен қант қайнатудың бірінші кезеңін бастады. Елімізде нарықтық қатынастар енуіне байланысты қызылша себетін шаруашылықтар ұсақталып, бөлшектеніп кетті. Қазір қызылша өсірушілер тәтті түбірді алысқа тасымалдап әуре болуда. Жаппай жекешелендіру жылдары зауыт қолдан-қолға өтіп, қарызға шаш етектен батып, банктің құзырына өтіп кеткен. Тек жұртты: «Ақсу қант зауыты іске қосылса, ақсулықтармен қатар Сарқан, Алакөл аудандарының тұрғындарына жақсы болар еді» деген үміт қана әлдилеп келді.

Қажет АНДАС

Міне, сол үміт ақталатын болды. Сәтін салса, келер жылы қыркүйек айында Ақсу қант зауыты іске қосылады. Бұл туралы Ақсу ауданына арнайы жұмыс сапарымен келген облыс әкімі Амандық Баталов мәлімдеді. Оның айтуынша, бұған дейін банкте кепілде тұрған зауытқа енді «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ иелік етпек. Олар бірнеше жылдан бері тоқтап тұрған зауытты қайта қалпына келтіру және оны іске қосу жөніндегі бірқатар кешенді шараларды жүргізіп келді. Белгіленген жоспарға сәйкес, арнайы мамандар мен сарапшылар бірнеше мәрте ғимараттың техникалық жағдайын, бас корпусын, ЖЭС-тің техникалық құрылғылары мен тетіктерін сараптаудан өткізген. Тіпті, банктің қарызын 3 жылға бөліп төлеу туралы келісімшартқа қол қойыпты. Сонымен қатар, шетелден арнайы мамандар шақырып, өндірісті іске қосуға кететін шығындарды да есепке алған. Соның нәтижесінде, бұл жолы олар отандық инвесторлармен қатар Ресей, Украина елдерінің ұзақжылдық қант өндіру тәжірибесі мол бір топ мамандарын өңірімізге шақырып, игілікті істі бірлесе атқаруға уағдаласты.

Бір айта кетерлігі, зауыт жұмысын тоқтатқанымен зауытқа жаны ашитын адамдар ондағы құрылғыларды сақтап қалуға бар күшін жұмсаған. Сондықтан мұндағы қондырғылар сыры кетіп, сыйқы бүлінгенмен тоналмаған. Облыс әкімімен бірге зауытты толығымен аралап шыққан шетелдік мамандар: «Зауыт ғимаратының сүйегі мықты, әлі де 120 жылға шыдас береді. Тіпті, мұндағы қондырғылардың көбісі жұмысқа жарамды. Тек күрделі жөндеу жұмыстарына тездеп кірісіп, жоспарға сай іс атқарылса, зауытты тез арада ретке келтіруге болады» деп сенім артып отыр. Бұл шетелдік инвесторлардың еш алаңдамай инвестиция салуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, зауыттың өндірістік бөлігі мен оған энергия беретін жылу-электр орталығы да көп бүлінбеген. Ол мазутпен жанады. Оның жағдайын көріп шыққан өңір басшысы инвесторларды тарту үшін аталған орталықты алдағы уақытта газбен қамтамасыз ететінін жеткізді.

– Зауытты 2017 жылы іске қоссақ, оны газбен жылыту үшін газ магистралін тарту туралы Үкіметке сұрақпен шыға аламыз. Егер республикалық бюджеттен қаржыландыру мүмкін болмаса, өзіміздің жергілікті бюджет арқылы Талдықорған – Ақсу арасында 120 шақырым газ құбырын тартуға мүмкіндігіміз жетеді. Мазуттан гөрі газбен жылыту жұмысы арзанырақ болмақ. Сонда зауыттың өзіндік құны барынша төмендейтін болады, – деді ол.

Зауытты аралаған топтың арасында өндіріс орны құрылғаннан бері жұмыс істеген адамдар да болды. Олар көпшілікке зауыттың өткені туралы айтып берді. 1967 жылы салынған зауыт құрылысы чехословакиялық жобамен жүргізіліп, сол елдің мамандарының басқаруымен қант қайнатудың бірінші кезеңін бастады. Жыл өткен сайын зауыт ұжымы қант қайнатудың әдісін жетік игере бастады. 1982 жылдан бастап зауыт жанынан жүгері талшығын өндіретін шұжық, цукат, тағы да басқа өнімдерді шығаратын цех іске қосылған. «Болашақ» балалар комбинаты, «Батыр» спорт кешені, Ақын Сара Мәдениет үйі, Е. Сихымов атындағы стадион, сауна, дәрігерлік пункт, асхана, дүкендер халыққа қызмет атқарыпты. Қазір соның көбі бүлінген. Егер зауыт іске қосылып, жоспардағыдай жұмыс атқарса, өңірді қантпен қамтуды толық жүзеге асырып, қант импортын 70 пайызға дейін төмендетеді. Бір мезгілде тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға да сеп болады. Айталық, жоба бойынша зауыт толық қуаттылығына енгенде жылына 300 000 тонна шикізат өңдеп, 40,5 мың тонна қант алады. Ол үшін жылына 6 мың гектардан астам алқапқа қант қызылшасы себіліп, өнім жиналуы керек. Мұны тек ақсулықтар ғана дайындап үлгере алмайды. Көрші Сарқан, Алакөл ауданының тұрғындары да қант қызылшасынан нәпақа табуға мүмкіндік алады. Ол үшін егіс алқабын суландыру мәселесін шешу керек. Осыған орай, облыс әкімі облыс және аудандық мекеме басшыларына қант қызылшасы егілетін аумақты сумен қамтамасыз ету үшін Басқан өзеніндегі және Қызылағаштағы бөгетті қалпына келтіруді табыстады. Қысқасы, біраз жылдан бері жұртты елендеткен үміттің ұшқыны тұтанды. Енді жауапкершілікпен жұмыс істеу ғана қалды.

«Ақсу қант зауыты іске қосылады» деген жылы хабарды ақсулықтар қуана қабылдады. Ауыл ақсақалдары облыс әкімі мен оның жанынан табылған іскер азаматтарға алғысын айтып, бастаманың берекелі болуын тілеп, ақ батасын берді. Осы орайда, Ақсудың қадірлі қариясы Амангелді Айтбаев жұрт тілегін орындаған облыс әкіміне ел ризашылығын жеткізді.

Ақсу ауданы.

Есті жігіт ел төрінде сыналар.

Жете МҰҚАЛИ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Әдеп кодексімен таныстыру

Жуырда Сарқан ауданына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыстағы департамент басшысы – Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Серікбай Нұрғисаев келіп, Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң төңірегінде пікір алмасты.

Жиынға Сарқан қалалық және ауылдық округтердің әкімдері аппарат қызметкерлерімен, мемлекеттік мекемелердің басшылары мамандарымен, мәслихат депутаттары, аудандық кәсіпорын басшылары, мектеп, балабақша директорлары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жиынды ашып жүргізген аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков әкімшілік құқықтың құрамдас бір бөлігі мемлекеттік қызмет болып табылатындығын жұртшылыққа жеткізе отырып, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасына сөз берді. Серікбай Өрікбайұлы өз кезегінде 2015 жылы мамырда Мемлекет басшысы жариялаған 5 институттық реформа мен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының алғашқы реформасының 15 қадамының мемлекеттік қызмет туралы өткір проблемаларды алға қойғандығын сөзіне арқау етті. Жаңа заң аясындағы тартымды өңгімеден соң жиналғандар тарапынан бірқатар сұрақтар қойылып, нақты жауап алынды. Кездесуге арнайы келген облыс әкімінің кеңесшісі – Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі қызметтің облыстық Әдеп жөніндегі уәкілі Талғат Өмірәлиев Әдеп кодексімен жиналғандарды жан-жақты таныстырып өтті.

Жомарт ИГІМАН.
Сарқан ауданы.

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ

ОҢ БАҒАСЫН БЕРДІ

Тазалық тексерушілер Еңбекшіқазақ ауданына да келіп тоқтады. Алдымен Есік қаласындағы атқарылған жұмыстарға көз салып, әрмен қарай ауылдық округтерге бет алды. Тексеріс кезінде арнайы жасақталған комиссия мүшелері тазалық жұмыстарын өте мұқият қарап шықты.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Көктемгі санитарлық тазарту шарасы жүйелі атқарылып, өңір көркін ашатын көшеттер отырғызылған. Оған дәлел тұрғындардың белсенділігі. Аудан бойынша 290 мың тұрғынның 125 мыңы тазалық жұмысына атсалысқан. 3234 көшенің 1450-і тазаланып үлгерген. Апта сайын сенбілік ұйымдастырылып, мемлекеттік қызметкерлермен қатар тұрғындар да жаппай аула, көше тазалап, жылғалардың көзін ашуда. Ал негізгі көлік жолдары күн сайын тазаланып тұрады. Жыл басынан бері 76 шақырым арық және 310 шақырым көлік жолы тазарған. Аталған көрсеткіштер алдағы уақытта өсе түспек. Тарихы терең Есік қаласынан бөлек, ауылдық огрүгтер тұрғындары да жұмыла жұмыс істеуде. Мысалы, Түрген және Балтабай ауылдық округтерінің іші мен жол жиектері тап-таза. Бір қуантарлығы, өткен жылы Балтабай ауылдық окру- гіне қарасты 7 ауылға арналып қоқыс тастау орны ашылған. 12 миллион теңге қаражат жұмсалған бұл орынның айналасы таспен қоршалып, қоқыстардың желге ұшпауын қамтамасыз етеді.

– *Осы жерге күнделікті қалдықтарды тасымалдайтын компания жұмыс істейді. Ал бұл орын толған жағдайда жаңағы қоршалған құм мен тас арнайы техникамен итеріліп, қоқыстың бетін жауып тастайды. Кейін дәл осындай орын өзге жерден ашылады*, – деді Балтабай ауылдық округінің әкімі Бақытгүл Дүйсебекқызы.

Арнайы жасақталған комиссия мүшелері «Алтын адам» шыққан тарихи өңірдің тазалығына жұмыла кіріскен аудан, ауыл тұрғындарының еңбегіне оң бағасын берді.

Еңбекшіқазақ ауданы.



Суретті түсірген Д.ЕРОФЕЕВ

ЕЛ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕП: ІС пен НӘТИЖЕ

ОРЫНДЫ ҰСЫНЫСТАР орындалуда

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен өткізген есепті кездесулерінде айтылған ұсыныстар мен ескертулер бойынша қабылданған іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу органдары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» № 190 Жарлығына сәйкес 2016 жылғы қаңтар-ақпан айларында 793, соның ішінде облыс әкімінің, 253 аудан және қала әкімдерінің, 539 аудандық маңызы бар қала, ауылдық округтер және кент әкімдерінің есепті кездесулері өткізілді.

Есепті кездесулер барысында аудан, қала әкімдерінің және аудандық маңызы бар қала, ауылдық округтер және кент әкімдерінің атына 365 ұсыныс айтылды (2015 жылы – 470), соның ішінде 77-і жолдарды жөндеу мен салу жөнінде, 61-і – абаттандыру, санитарлық және экологиялық жағдай туралы, 46-ы – білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет нысандарының құрылысы бойынша, 39-ы – ауызсу мәселесі жөнінде, 26-ы – елді мекендерді электрмен, газбен, телефон байланысымен қамтамасыз ету, 4-еуі – тұрғын үй қатынастары, 4-еуі - жер қатынастар мәселесі, 108-і – өзге мәселелер бойынша.

Барлық деңгейдегі әкімдердің есепті кездесулерінің қорытындысы бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленіп, бекітілді және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес ағымдағы жылы облыс әкімінің халықпен есепті кездесуінде айтылған ұсыныстарды орындау жоспарланған.

Келесі іс-шаралар: Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылындағы кәріз суларын тазарту құрылғысының құрылысына қаражат бөлу, Райымбек ауданының Нарынқол өңірін дамытуға іс-шаралар жоспарын әзірлеу және қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыру туралы мәселелердің орындалуы 2016 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланған.

Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентінің тұрғындарын су бұру қызметімен қамтамасыз ету мақсатында «Алматы облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылының кәріз жүйесін реконструкциялау және салу» жобасы әзірленді. Жобаның жалпы құны – 1 107 592 млн. теңге. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына қаражат бөлу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне бюджеттік өтінім ұсынылған.

2020 жылға дейін өңірлерді дамыту бағдарламасының аясында Алматы облысының шегаралық аймағы ретінде Райымбек ауданын дамыту бойынша 2016 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленген. Нарынқол өңірін дамытуға 2016 жылға бюджеттен 0,6 млрд. теңге қарастырылған.

Райымбек ауданының Нарынқол ауылын тірек елді мекені ретінде дамыту мақсатында 2014 – 2016 жылдарға арналған бөлек кешенді жоспар әзірленіп, бекітілген (облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №40-227 шешімімен).

Сарқан ауданының Сарқан қаласының тұрмыстық қатты қалдықтарын жинақтау полигоны құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасының мемлекеттік сараптама қорытындысы бар. Жобаның жалпы сомасы – 168,1 млн. теңгені құрайды.

2016 жылдың екінші тоқсанына іс-шаралар қатарында үш ауысымды мектептер жүктемесін жеңілдету үшін Еңбекшіқазақ ауданының Есік қаласында, Панфилов ауданының Жаркент қаласында жаңа мектептер салу, Сарқан ауданындағы Мұшұмбай, Қаражырық, Қонақбай және Р-І каналдарын тазалауға қаржы бөлу, Талғар ауданының Жаңа Қуат тұрғын үй алабындағы балабақша мен мектепке баратын жолды салу және халық ақыны Темірғали Рүстембековтің 110 жылдығын мерекелеуді мәдени іс-шаралар тізіміне енгізу туралы мәселелер бар.

Алакөл ауданындағы Сапақ ауылының ауызсумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысы ағымдағы жылдың екінші, үшінші тоқсандарына жоспарланған.

Ал, Көксу ауданының Балпық би ауылындағы апатты жағдайдағы үйлердің тұрғындарын жаңадан салынып жатқан үйге көшіру мәселесін орындау 2016 жылдың төртінші тоқсанына жоспарланған.

Аудан және қала әкімдерінің есепті кездесулері жөніндегі іс-шаралар жоспарына 163 ұсыныс енгізілген (2015 жылы – 220).

2016 жылдың бірінші тоқсанына 16 мәселенің шешілуі жоспарланып, (Балқаш ауданы – 5, Көксу ауданы – 4, Сарқан ауданы – 2, Жамбыл, Іле, Панфилов, Райымбек аудандары мен Талдықорған қаласы – 1-еуден), олар толығымен шешілген.

Бақанас ауылының саябағын абаттандыру мақсатында 300 түп ағаш көшеті отырғызылған. Абаттандыру жұмыстары жалғасуда.

Балатопар ауылындағы көпбалалы ананың балаларға төленетін жәрдемақы мәселесі толығымен шешілді. Бүгінгі күнге 18 жасқа дейінгі балаларға төленетін 2228 теңге көлеміндегі жәрдемақы әр балаға төленуде.

Қарой ауылындағы су құбырының мұнарасына жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Құйған ауылындағы Іле өзенінен өтетін көпірге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді.

Балқаш ауданындағы Қарой ауылының ауруханасына тіс дәрігерінің штаттық бірлігі бөлінген.

Көксу ауданының Айнабұлақ ауылы тұрғындарымен аудан әкімінің есептік кездесуінде ауылдағы №12 орта мектебіне Байшапановтың атын беру туралы ұсыныс берілген. Ағымдағы жылдың наурыз айында барлық тиісті құжаттар облыстық ономастика комиссиясына жолданады.

Мұсабек ауылындағы Қызыларық атындағы орта мектептің спортзалында күрес секциясы ұйымдастырылып, аптасына 2 мәрте жаттығу өткізіледі.

«Қабылиса ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде интернет желісі орнатылды. Мұқыры ауылындағы Оразбай Уәлиханов көшесінің тұрғындарына интернет желісін тарту туралы «Қазақтелеком» АҚ-ға ұсыныс хат жолданды.

Облыстық білім басқармасына Сарқан политехникалық колледжінің жатақханасына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалау-сметалық құжаттама дайындау үшін құжаттар жіберілген.

Сарқан ауданы Қарабөгет ауылының тұрғыны Бұлғын Бердімұраттың Қазақстан Республикасының азаматтығын алу мәселесі шешілді.

Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылының ауызсу жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 2016 млн. теңге бөлінген. Жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мердігер – «Фирма Еламан» ЖШС. Жөндеу жұмыстары 2016 жылғы қараша айында аяқталады.

Іле ауданы әкімінің есепті кездесуі барысында түскен Қосөзен ауылындағы егістіктерге су беру мәселесі шешілді. Бүгінгі күнге «Илиирригация» КММ мен «Тоспа су» КММ арасында 2016 жылға егістікті сумен қамтамасыз ету үшін келісімшарт жасалып, төленуі тиіс қаріз сомасы біртіндеп төленетін болды.

Панфилов ауданы Алтыүй ауылындағы Ә. Қастеев атындағы орта мектептің материалдық базасын нығайту мақсатында жергілікті бюджеттен 750 мың теңге қаржы бөлініп, 5 комплект компьютер алынды.

«Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында ағымдағы жылдың 10 наурызында Талдықорған қаласында «Тұрғын үй қызметі» ЖШС аясында пилоттық режимде бірыңғай ақпараттық-есеп орталығы жұмысын бастады. Бұл орталық коммуналдық қызмет тұтынушыларының бірыңғай мәліметтер базасын құруға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні орталықтан «Қаратал» шағынауданының жалпы саны 2708 пәтерге бірыңғай төлем құжаттары таратылды. Бұл құжатқа жылу энергиясының, ыстық және суық су, канализация, көпқабатты тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламасы бойынша, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару мен ПИК қызметтері туралы төлемдер енгізілген (келешекте электр энергиясы, газ жүйесі мен кабельді теледидар қызметтері үшін төлемдер де енгізіледі). Қаланың барлық аудандарында, 38 мың абоненттің жалпы саны бар, осы орталықтың қызметтерімен толық қамту 2016 жылғы 1 шілдеде аяқталады деп жоспарлануда.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтер мен кент әкімдерінің есепті кездесулерінің қорытындысы бойынша 174 ұсыныс іс-шаралар жоспарына енгізілген (2015 жылы – 201). Соның ішінде бірінші тоқсанда 27 ұсыныстың орындалуы жоспарланған және олар толығымен орындалған.

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен өткізген есепті кездесулерінде айтылған ескертулер мен ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуы тұрақты бақылауға алынып, облыстық, аудандық және қалалық әкімдіктерінің отырыстарында тоқсан сайын қаралып отырады.

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен өткізген есепті кездесулерінде айтылған ұсыныстар мен ескертулерді орындау жұмысы жалғасуда.

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Жуық арада Талдықорған қаласындағы бірнеше құрылыс нысанының жұмысы аяқталып, ел игілігіне берілмекші. Облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Әбдірайымов осы аптада сол нысандардың бірқатарын аралап, құрылыс жұмысының қарқынымен танысып, инженерлік-техникалық жұмыстарда орын алған кемшіліктерге сын-ескертпе айтты.

Қажет АНДАС

Әкім орынбасары алдымен Талдықорған әуежайына ат басын тіреді. Бүгінде әуежайдың төбесі, тағаны, қабырғасы, сыртқы қасбеті мен 1-2-ші қабатты безендіру жұмыстарының біразы еңсерілген. Сонымен қатар, әуежайдың жанынан салынып жатқан VIP залдың құрылысы да сапалы жүргізіліп жатқанын байқадық. Десе де, мұндағы жұмыс қарқынының төмендігі бірден аңғарылып тұрды. Ондағы келеңсіздікті мамыр айындағы демалыс күнінің көптігімен түсіндірген мердігер компанияның бас директоры Қайрат Кереев алдағы уақытта жұмысшы күшін арттырып, жұмыс қарқынын тездетіп, құрылысты жоспардағы уақытта бітіретіндігіне уәде етті. Естеріңізде болса, осыдан біраз бұрын облыс әкімі Амандық Баталов құрылысты аралау барысында әуежай мен қаланың аралығындағы жолдың ортасындағы көгалдандыру аймағына біраз сын-ескерту айтқан еді. Әкім орынбасары сол айтылған ескертулердің орындалу барысында назардан тыс қалған жоқ. Бастысы, айтылған ұсыныс толығымен атқарылғанын білдік.

Көпшіліктің назарына іліккен қаланың шығыс киреберісіне салынып жатқан айналма жолдың құрылысы да қарқын алған. Қазір онда қойылатын ескерткіштің іргетасы құйылып, адамдар жүретін айналма жолдың тасы төселген. Демалыс орнына тал-шыбықтар егіліп, жарықтандыру жұмыстары да жүргізіле бастаған. Әкім орынбасары Ғалымжан Әбдірайымов олардың да бірқатарына түзетулер енгізді. Қаратал өзені бойынан салынып жатқан аллея мен спорттық шынықтыру алаңының жұмысына да бағыт-бағдар берді. Осыдан кейін «Талдықорған» индустриалдық аймағының жұмыс қарқынымен танысып, оның өңір экономикасын дамытудағы мүмкіндіктерін саралаған жұмыс тобы осы аймақтағы жол құрылысының сапасыздығын сынға алды. Сондай-ақ, жол құрылысына жауапты мекеме өкілдері құзырындағы шаруаның маңыздылығына тоқталып, оның инвестор тартудағы жағымды тұстарын тізіп шықты. Келесі кезекте әкім орынбасары Балапанов көшесінің бойында жаңадан салынып жатқан аллеяның жұмыс барысымен танысты. Заман талабына сай демалыс орнына айналатын саябақта қазір жұмыс қызу жүріп жатыр. Онда халықтың алаңсыз тынығуы үшін барлық қолайлы жағдай жасалмақ. Бүгінде саябақтың басым бөлігі жасыл желекпен көмкеріліп, жүргіншілер жолына тас төселіп, көгалдандырылатын жерге топырақ төгіліп, жарық желілері тартылған.

Расында, Жетісудың кіндігіне орналасқан Талдықорған қаласы көркемдігімен көз тартады. Десе де, көрікті қаламыздың қадірін қашырып жататын жағдайлар да жоқ емес. Қаланы аралау барысында облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Әбдірайымов қаланың көркемдігіне кері әсер етіп жатқан бірқатар келеңсіздікті көрсетіп берді. Әсіресе, жұмыстың сапасына айрықша мән берді. Жіберілген қателіктерді сол жерде сынға алып, салаға жауапты орынбасарлары мен мекеме, басқарма басшыларына, құрылыс компаниясының өкілдеріне көрсетілген кемшілікті белгілі уақыт шегінде түзетуді тапсырды.

БРИФИНГ

Елдің экономикалық дамуына серпін беретін 5 институттық реформаны жүзеге асыру бағытындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының орындалуына арналған брифингте Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев республикалық, облыстық және аудандық БАҚ өкілдерін жергілікті жерде қолға алынған тың істермен таныстырды.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

«100 нақты қадамның» 57-қадамы туристік кластерлер құру үшін инвесторлар тартуға арналған. Бүгінгі күні ауданда «100 қадамның» 48-ін іске асыру шаралары басталды. Ал 9-ы бойынша дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Әлеуметтік-экономикалық дамуда жамбылдықтар өткен жылды жақсы нәтижелермен аяқтап, биылдың бірінші тоқсанында экономикадағы өсім қарқыны сақталды. Аграрлы өлке болғандықтан, халықты ауыл-шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету мұнда басты міндет. Бұл бағытта салаға инвестиция тартылып, жер-жерде нақты жобалар жүзеге асырылу үстінде.

Мәселен, Үңгіртас селолық округінің аумағында «Империя Фуд» ЖШС үш мың бас ірі қараға арналған бордақылау алаңын өткен жылы іске қосты. Бұл нысан Ұлт жоспарының 61-ші қадамында белгіленген ет өндірісін дамыту жөніндегі тапсырмаға сәйкес ірі қара малы етінің экспорттық әлеуетін арттыру жобасы аясында жұмыс істейді. Қазір онда 1730 бас бұқа бордақыда тұр, әрқайсысы күніне 2 – 2,5 келі салмақ қосады. Жыл басынан бері бордақылау алаңында семіртілген 331 бас бұқа сойып сатылып, 79 тонна ет тұтынушыларға өткізіліпті. Біздің елге қомақты инвестиция салып, үлкен істі бастап кеткен серіктестік басшысы ирандық азамат Арман Джавида алдағы уақытта бордақыға қойылатын мал басын 5 мыңға дейін жеткізбекші. Сапасы жоғары әрі табиғи таза өнімдерін Иран, Араб, Ресей, Қытайға экспортқа шығаруды межелеп отыр. 56-қадамдағы «Экономиканың басым секторларына «зәкірлі» инвесторлар тарту» аясында аталған серіктестік биыл қуаттылығы 8 мың тонналық ет комбинатын салмақ. Сол сияқты Мыңбаев ауылында 1 мың басқа арналған мал бордақылау алаңы бар «Жақсылық» шаруа қожалығы жыл басынан бері Қырғыз Республикасына 20 тонна ет өткізді. Жыл соңына дейін экспортқа 83 тонна ет жеткізу көзделіп отыр.

Ұлт жоспарының 60-шы қадамы ауылда кооперацияны дамыту арқылы сүт өндіру және өңдеуге стратегиялық инвестор тартуды міндеттейді. Бұл бойынша Қарақыстақта «Табыс» шаруа қожалығы 600 басқа арналған тауарлы-сүт кешенінің құрылысын аяқтады. Заманауи үлгіде салынған өндіріс орны шетелдік озық технологиямен жабдықталған.

Аудан үшін 65-қадамның маңызы зор. Көліктік инфрақұрылымды дамыту аясында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы құрылысы жүзеге асырылады. Бұл жолдың 100 шақырымнан астам бөлігі аудан аумағы арқылы өтеді. Жол құрылысымен бірге логистика дамытылып, екі ірі демалыс орны салынады.

Сондай-ақ, әлеуметтік жаңартуға арналған қадамдарға сәйкес, білім беруді жетілдіру, 2016–2017 жылдары 5 мектеп салу арқылы апатты жағдайдағы мектептер мен үш ауысымда оқуды болдырмауға қол жеткізілмекші. Бүгінде 44 балабақша жұмыс істейді. Қазір балалардың мектепке дейінгі біліммен қамтылуы 89 пайыз болса, келесі жылдың аяғында бұл көрсеткіш 100 пайызға жетпек.

Ұлт жоспарын орындау жолында ауданда белгіленген негізгі бағыттарды баяндаған әкім тілшілердің әр салада қойылған сұрақтарына егжей-тегжейлі жауап берді.

Жамбыл ауданы.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

Жұртшылықпен жүздесті

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс депутаты Марат Бопазов сарқандық сайлаушылармен кездесті. «Темірлан» су-электр стансысында, аудандық электр жүйесі кәсіпорнында, аудандық телекоммуникация, пошта байланысы мекемелерінде өткен кездесулерді аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков ашып, жүргізді.

– Наурыздың 20-сында өткен сайлауда «Нұр Отан» партиясына дауыс беріп, сенім білдірген сайлаушылармен ресми жағдайда емес, жұмыс орындарында жолығуды жөн көріп отырмын, – деген халық қалаулысы Мәжілістегі өзі құрамына енген экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің атқаратын жұмыстарына жан-жақты тоқталды.

Ұжым басшылары Абулхақ Курмаев, Санат Орымбаев, Дәулет Ілімханов ел сенімін иеленген депутат жұмысына сәттілік тілеп, кездесуде сөз алған сайлаушылардың ниет-ықыластары ортаға салынды.

Жомарт ИГІМАН.
Сарқан ауданы.

БЖК2020

Мемлекеттік қолдау алады

Облыстағы бірқатар компания 6 млрд. теңгеден асатын мемлекеттік қолдау алмақ. Осы ретте облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиевтің қатысуымен «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аймақтық үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті. Онда кәсіпкерлердің 5 млрд. 931млн. теңгеден асатын 14 өтініші қаралып, кәсіпорындар қолдау алатын болды.

Олардың қатарында «ВК Service», «Омарқұлов А.К.» жеке кәсіпкерлігі мен «Райымбек», «Alma Green Fields», «Сұңқар», «Абди Ибрахим Глобал Фарм» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері бар. Несие қаражат кәсіпорындарды кеңейтіп, қажетті жабдықтар алуға және айналым капиталын толықтыруға пайдаланылатын болады. Барлық жобаның жылдық пайыздық мөлшерлемелері 7-ден 10 пайызға дейін несие бойынша төмендетілмек. Ал кейбір жобаларға «Даму» қорының кепілі берілген. Өтініш берген кәсіпкерлер өндіріс, фармацевтика, сауда және мал, құс шаруашылығы, көлік және логистика саласы бойынша жүргізіп отырған бизнестерін одан әрі өрістетпек.

Мысалы, жеке кәсіпкер Серік Бекей «ВК Service» құрылыс бетонын тасымалдаумен айналысуды қөздеп отыр. Ол бағдарлама қөмегі арқылы бетон тасымалдайтын көлік алмақ. Енді субсидиялау бағыты бойынша «Даму» қорынан кәсіпкерге пайыздық мөлшерлеме 10-нан 4 пайызға дейін төмендетіледі. Сондай-ақ, отырыста Жамбыл ауданында орналасқан «Сұңқар» құс фабрикасының жобасы мақұлданды. Алынған қаражат мекемені кеңейтіп, айналым капиталын толықтыруға пайдаланылмақ. Айта кетейік, облыста барлығы «Бизнестің жол картасы –2020» бағдарламасы аясында жыл басынан бері аймақтық үйлестіру кеңесінің отырысымен 8 млрд. теңгеге 43 жоба бекітілді.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ЖАҢА НЫСАН

БІЛІМ ОРДАСЫ бой көтеруде

Халық көп шоғырланған Іле ауданындағы үшауысымды оқыту жүйесі күн тәртібіндегі өзекті мәселе еді. Қуанышты жаңалық үшауысымды мектептер мәселесін шешуге байланысты екі жаңа білім ордасы Боралдай кенті мен Жәпек батыр ауылында салынып жатыр. Екеуі де 600 орынды мектеп болмақ. Білім ошақтарының бой көтеруі – «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының жемісі.

Мақпал МЫСА

Боралдай кентінде бүгінде төрт білім ошағы бар. Бірақ Алматымен іргелес жатқан 30 мың тұрғыны бар елді мекенге ол аздық етеді. Мектепке баратын бала саны жыл санап артып келеді. Сондықтан жаңа білім ұясын салу қажеттілігі бұрыннан бері қозғалып келе жатқан мәселе болатын. 600 орынды жаңа мектеп ғимаратының құрылысы сәтті аяқталса, нағыз заманның талабына сай, керектінің бәрі бар үлкен білім ордасына айналғалы тұр.

Құрылыс алаңының жетекшісі Алмаз Орманов ғимараттың бірінші оқу бөлігінде галерея және спортзалы, қолөнер шеберханалары және оқушылардың тамақтанатын орны да болатынын айтады. Мектептің жалпы аумағы 8 мың шаршы метрден асады. Қазір құрылыс жұмысының 70 пайызын аяқтап қалғандарын жеткізді. Боралдай жұрты жаңа мектептің игілігін алдағы оқу жылында көрмек. Мердігер мекеме жоспарланған мерзімде құрылысты аяқтауға күш салып жатыр. Қазір құрылыс алаңында жүз шақты жұмысшы еңбекке тартылған. Үшауысымды білім ошақтарының санын қысқартуға айтарлықтай ықпал ететін тағы бір жаңа нысан – Жәпек батыр ауылында. Мұнда да 600 орынды мектеп бой көтеріп келеді. Қазір құрылысшылар мен техника даусы естіліп тұрған ғимаратта жаңа оқу маусымынан бастап әр күні қоңырау үні сыңғырлайды. Ал осы жаздан бастап Іле ауданындағы жаңа мектеп құрылыстарының саны тағы да көбейе түспек.

Құрылыс қызу жүріп жатқан мектептерде болашақта оқушыға да, оқытушыға да бар жағдай жасалмақ. Ал қазіргі таңда Алматы облысының өзге аудан-қалаларында да жаңа мектеп салынып жатыр. Бәрі де үшауысымды оқу мәселесін шешудің қамы.

Іле ауданы.

ЖЫЛЫЖАЙ

Қазір өңірдің әр түкпірінде жылыжайлар салынып, жұмыстары уақыт өткен сайын жандана түсуде. Мұндай кешендер салудағы басты мақсат – жұртшылықты қысы-жазы жаңа піскен көкөніс түрімен қамтып, нарықтағы бағаны тұрақтандыру. Елге берер пайдасы мол игілікті іспен Көксу ауданының шаруалары да айналысуда. Солардың бірі ретінде Еңбекшіқазақ ауылдық округіне қарасты Амангелді ауылының тұрғыны Жұмабек Ерланбектің жылыжай шаруашылығын айтуға болады.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жылыжай шаруашылығын жүргізуде мол тәжірибе жинақтаған кәсіпкер бүгінде бар ынта-ықыласымен жұмысын жандандырып отыр. Соның арқасында бала-шағасын асырап, ел қатарлы ғұмыр кешіп жатқан жайы бар.

Қарапайым үлгіде тұрғызылған төрт жылыжай ауыл шетінен орын теуіпті. Атшаптырым аумақты алып жатқан бұл кешендер толық қуатында жұмыс атқарып тұр. Ішіне кірген мезетте-ақ жайқалған көк желекке көз түседі. Бұл жерде негізінен кореялық қырыққабат, қызанақ, қияр, бұрыш сияқты көкөністің небір түрі өсіріледі. Ауыспалы егістік жүйесін сақтау мақсатымен бұлардың орны ауыстырылып отырады. Тұқымы голландық. Оған арнайы тапсырыс беру арқылы қол жеткізіледі. Ерекшелігі сол, сапасы жоғары әрі өнімді де мол береді. Біз барған сәтте көшеттердің біразының



Көксу ауданы бойынша 18 жылыжай бар

Олардан биыл 104 тонна өнім жинау жоспарланып отыр

Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

ҚЫСЫ-ЖАЗЫ төккіш береді

көтеріліп, өсіп қалғанын аңғардық. Тамшылатып суару әдісімен өсірілетін жас өскіндер жылына екі рет өнім береді. Жыл басында отырғызылған көкөністер алдағы мамыр, маусым айында жиналады. Оларға деген сұраныс мол. Пісіп-жетілгендері жақын маңдағы ауыл-аймақтарға таралады.

– *Қазіргі кезде жас өскіндер күтіп-баптылып жатыр. Мұндай жұмыстар көбіне қол еңбегімен жүзеге асырылады және оның бәрін өзіміз атқарамыз. Бірақ, егістік және жиын-терін кезінде жұмысшылардың күші қажет болады. Сол кезде біз олардың санын өсіріп, жеті-сегізге дейін жеткіземіз. Көкөніс экологиялық жағынан таза табиғи тыңайтқышпен қоректендіріледі. Ол химиялыққа қарағанда топырақ құнарын арттырып, өнім сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сондықтан да олардың дәмі тәтті әрі ерекше. Үкіметтен демеуқаржы беріледі. Биылғы демеуқаржыны алу үшін құжаттар дайындалуда. Тәжірибемізді ұштау үшін арнайы оқудан өтіп, білімімізді жетілдіріп отырамыз,* – дейді шаруашылық басшысының көмекшісі Сәулебек.

«Бейбарыс» жеке шаруа қожалығы жергілікті халықты табиғи таза өнімдермен қамтамасыз етуде тынбай еңбектеніп келеді. Алдағы уақытта қаражат болса заманауи үлгіде кешен салып, іс ауқымын одан әрі кеңейтпек.

Көксу ауданы.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 54 (18186)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сенбі, 14 мамыр, 2016 жыл.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Энергетика министрлігі **биылғы жылдың 31 мамырында** Энергетика министрі Қ. Бозымбаевтың өңірлерде бейне конференция байланысын қамтамасыз ету арқылы халық алдында есепті кездесуін өткізетіндігін хабарлайды. Кездесу барысында Министр атқарылған жұмыстар, *мұнай-газ, мұнай-газ-химия, көмір, уран, электр энергетикасы және қоршаған ортаны қорғау* салаларының даму жоспарлары туралы баяндайды және қойылған сұрақтарға жауап береді.

Есепті кездесу **2016 жылы 31 мамырда сағ.15.00-де мына** мекенжайда өтеді: Астана қаласы, Д. Қонаев даңғылы,4,«Қазмедиа орталығы» ғимараты, Киноконцерт залы.

Сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңыз бойынша 8 (7172) 78-68-62, 78-68-84 телефонына хабарласуға немесе мына электрондық мекенжайға: a.atantaeva@energo.gov.kz, u.akhmetova-@energo.gov.kz жолдауларыңызға болады.

Берілген сілтеме арқылы ҚР Энергетика министрлігінің сайтында сұрақтар қоюға болады: http://energo.gov.kz/index.php?id=5451

ҚОНЫСТОЙ

120 ПӘТЕР БЕРІЛДІ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Елбасының «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында қала тұрғындарын баспанамен қамтамасыз ету мәселесі жақсы қолға алынуда. Осыған дейін қаламыздағы бірнеше тұрғын үй ел игілігіне беріліп, көптеген жанның баспана мәселесі түбегейлі шешілген еді. Бұл үрдіс тағы да жалғасын тауып, кеше қаланың оңтүстік батыс құрылыс аймағында бой көтерген бір және екі бөлмелі 120 пәтерлі қос үй өз иесін тапты. Талдықорған қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысы, «Арлан – Жоба құрылыс» ЖШС-нің жобасы бойынша мердігер компания «Люмен Электро II» ЖШС-нің құрыш қолды құрылысшылары тұрғызған коммуналдық санаттағы қос ғимараттың құрылыс, абаттандыру, басқа да мақсаттағы жұмыстарына жергілікті бюджеттен қомақты қаржы игеріліпті. Салтанатты шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып, азаматтарына пәтер кілтін табыстады.

Қажет АНДАС

Алдымен қуаныш иелерін жаңа қоныстарымен құттықтаған өңір басшысы Елбасының қолдауымен облысымызда құрылыс саласының қарқыны артып, қала ажары айшықтала түскенін сөз етті. Ірі жобалардың қолға алынып, сәулеті жарасқан еңселі ғимараттардың арт-артынан бой көтергенін де назардан тыс қалдырмады. Алдағы уақытта ел игілігіне берілетін өндірістік, әлеуметтік, мәдени-рухани нысандарды айтып өтті.

– Елбасының тапсырмасымен өңірімізде ірі-ірі жобалар атқарылуда. Бүгінге дейін бірнеше үйді қаладағы баспанаға мұқтаж жандарға табыстадық. Оған өздеріңіз куә болдыңыздар. Міне, сол игілік бүгінде жалғасын тауып отыр. Алдағы жоспарларымызда ауқымды. Келешекте осы оңтүстік батыс тұрғын үй аймағынан балабақша, мектеп, театр ғимараты, Салтанат сарайы, Көрме залы, тағы да басқа нысандар салынады. Абаттандыру жұмысы да қаланың басқа шағын аудандарынан өзгеше болады. Демек, бұл жерге салынатын жаңа ғимараттар қаланың көркін арттырып, жерлестеріміздің қуанышын еселей түседі, – дей келе үй иелеріне пәтер кілтін табыс етті.

Бұл жолы мүмкіндігі шектеулі жандар, толық емес отбасы мүшелері, Ауған соғысының ардагерлері, мемлекеттік қызметте, әлеуметтік салада, үкіметтік емес ұйымда, бюджеттік мекемеде жұмыс істейтіндер баспаналы болды. Осыдан-ақ Елбасының «Нұрлы Жол» бағдарламасының шарапаты барлық санаттағы адамдарға тиіп, олардың әлеуметтік әлеуетін арттырып, баспанаға деген мұқтаждығын шешуге серпін бергенін аңғардық. Әсіресе, үйлі болғандардың Елбасына, облыс және қала басшыларына ризашылығы мол. Олар бірінен соң бірі мінберге көтеріліп, жүрекжарды лебізін білдірді.

Пәтер кілтін табыстаған соң облыс әкімі Амандық Баталов көппен бірге пәтерлерді аралап, құрылыс жұмысының сапасын көріп, үй иелерін құттықтады. Сол қатарда толық емес отбасы мүшесі, екі бөлмелі пәтердің иесі атанған Күлан Жинақова мен бір бөлмелі пәтерге қолы жетіп, қуанышын көппен бөлісуге асыққан Қазақ-Британ техникалық университетінің студенті, жетім бала Дария Әбдірахманова және жастайынан арбаға таңылған, I топтағы мүгедек Элмира Смағұлованың отбасына бас сұққан өңір басшысы олардың дастарқанынан дәм татты.

Көппен бірге көпшіліктің қуанышты көңіл күйін көре жүріп, Елбасының тапсырмасын бұлжытпай атқарып келе жатқан облыс әкімі Амандық Баталов пен қала әкімдігіне деген жұрт ықыласының ерекше екенін байқадық. Расында, осындай қиын күндерде жоқтан бар жасап, қаржы көзін тауып, бір жылда бірнеше үйді тұрғындардың игілігіне тапсырып, өңірдің баспана жетіспеушілігін шешуге серпін берген облыс басшысына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

КЕЛЕШЕК КІЛТІ КЕМЕЛ БІЛІМДЕ

Күні кеше Қарасай ауданының орталығы Қаскелең қаласындағы Мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің вице-министрі Эльмира Суханбердиеваның қатысуымен келелі кеңес болып өтті. Оған Қарасай, Жамбыл және Іле ауданының ұстаздары, ата-аналар комитеттерінің мүшелері, арнайы оқу орындарының өкілдері қатысқан еді.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ, Гүлжан ТҰРСЫН

«Ел боламын десең – бесігіңді түзе!» – дейді дана халқымыз. Осы бір ғибратты сөз жас ұрпаққа лайықты білім мен тәрбие берудің маңыздылығын аңғартады емес пе? Тәуелсіздігімізді жария еткеннен бергі ширек ғасыр уақытта жаңару мен жаңғыртудың неше сатысынан өткен білім беру саласы әлемдік талаптарға сай қайта құрылуда. Оны Мәдениет үйіне жиналған қауым Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің Астанада елге берген есебінен әзірленген бейнебаяннан тыңдап, танысқан. Ерлан Кенжеғалиұлы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру саласын үнемі назардан тыс қалдырмай, қолдау көрсетіп отыратынын айта келе бұл бағытта атқарылып жатқан істерге жан-жақты тоқталып өтті.

Жиынды ашып, жүргізіп отырған облыстық білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова орта білім берудің мазмұнын жаңартуға қатысты ақпараттық түсіндіру жұмыстарының аясында өткізіліп отырған басқосуға келген ұстаздарға алғысын білдіріп, сөз кезегін вице-министр Эльмира Суханбердиеваға берді. Жалпы, елімізде білім беру саласына мүлдем қатысы жоқ отбасы кездеспейтін шығар. Сондықтан онда болып жатқан өзгерістер әр отбасы үшін аса маңызды болып табылады. Кей кездері қажетті ақпараттың жоқтығынан түсінбестік туындап жататыны да жасырын емес. Осылай дей келе Эльмира Амангелдіқызы білім беру саласындағы негізгі өзгерістер жайлы тарата айтып берді. Атап айтқанда, біраз жылдан бері жиі көтеріліп жүрген 12 жылдық оқу жүйесі, бастауыш сыныптардан бастап үш тілде оқуды енгізу, бес күндік оқу аптасын қалыптастыру мәселелері жайлы баяндады. Үстіміздегі жылдың бірінші қыркүйегінен бастап тәжірибе мектептерінде қазақ және орыс тілдерімен қатар ағылшын тілінде сабақ жүргізіле бастайтыны көптің көңілін күпті қылып жүргенін тілге тиек еткен ол, алдымен ағылшын тілінде дәріс беретін мұғалімдерді даярлап алып, 2019 жылдан бастап бұл шара барлық мектептерге енгізілетінін, оған дейін жаңа жүйені меңгеріп алуға уақыт бар екенін жеткізді. Бірінші сыныпқа ағылшын тілі екі сағаттан жүргізілсе, жоғарылай келе сағат санын арттырып отыру көзделген. Қазақ және орыс тілінде оқытылатын мектептер негізгі пәндерді сол тілде меңгергенімен химия, биология, физика және информатика сабақтары ағылшын тілінде жүргізілетін болады. Жаңа бағдарламада мемлекеттік тілді меңгеруге үлкен көңіл бөлінгені де қуантады. Сол сияқты, 12 жылдық оқу жүйесінің артықшылықтары да талданды. Он жыл оқып, жалпы орта білім алғаннан кейін әр оқушы жоғары оқу орнына немесе мамандық меңгеретін колледждерге баруға құқылы. Ең бастысы, әр түлек кәмелеттік аттестатпен бірге бір мамандықтың иесі болып шығады. Ал, бес күндік оқу арқылы балалар да, мұғалімдер де аса көп жүктемеден арылатын болады. Каникул мерзімі сәл қысқарғанымен олар 34 күн қосымша демалуға мүмкіндік алады екен.

Баяндама аяқталғаннан кейін жиынға қатысушылар өздерін алаңдатып жүрген жекелеген сұрақтарға жауап алып, ұсыныстарын да жеткізуді ұмытқан жоқ. Жалпы, көптің көңіліне қонақтаған білім беру саласындағы жаңалықтар ұстаздар қауымы тарапынан қолдау тапқаны аңғарылып тұрды. Осы күні түстен кейін вице-министр Эльмира Суханбердиева Есік қаласында болып, Еңбекшіқазақ және Талғар ауданының ұстаздар қауымымен кездесу өткізді.

Алматы іргесіндегі ірі үш ауданнан кейін ат басын облыс орталығына бұрған Білім және ғылым вице-министрі Эльмира Суханбердиева Талдықорғандағы оқу орындары директорлары және ұстаздарымен жүздесті. Мақсат – білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен жан-жақты таныстыру. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев және білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова қатысты.

Бағдарламаны жүзеге асырудағы басты міндет – мектепке дейінгі ұйымдардың педагог кадрларының сапалық құрамын жақсарту және педагог кәсібінің беделін арттыру. Мемлекеттік бағдарламада мектепке дейін білім беру, жалпы орта білім беру және техникалық білім беру жайы кеңінен айтылған. Талдықорған өңірінің білім беру жүйесі жалпы білім беретін мектептер және техникалық колледждерден құралады. Сондықтан, вице-министр негізінен әңгімені осы тұрғыдан өрбітті. Демографиялық жағдайды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдарды көбейту керектігіне баса тоқталды. Сондай-ақ, саналы тәрбие беру мен оқытуға тең көңіл бөлу керектігін сөз етті. Ол үшін ең алдымен ұстаздардың біліктілігін жоғарылатып, талапты күшейту керектігін Астанадан келген басшы облыстық білім басқармасы басшыларына қарата айтты.

Мұғалімдерге бірінші және жоғары санаттарды алуы үшін қойылатын біліктілік талаптары қайта қаралатын болады.

Кәсіптік мектептердегі дуальді оқыту, жас маманның жұмыссыз қалмауы үшін өндірістермен келісімшарт жасасу жайы да кеңінен сөз болды. Бұл орайда Талдықорған қаласы кәсіптік мектеп мұғалімдері алаңдаушылық танытты. Оған жауап берген вице-министр мәселені шешу үшін жұмыс күші тапшы өңірлердің өндірістері мен кәсіпорындарын кадрмен толықтыру мақсатында «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» әлеуметтік жобасы іске асырылатынын айтып, қуантты. Жыл сайын жұмыс күші мол өңір жастарынан кадр даярлап, кейіннен оларды оқыған жері бойынша жұмысқа орналастыру жүйесі мықтап қолға алынады. Сондай-ақ, жұмыс күші тапшы өңірлердің жоғары оқу орындарына мемлекеттік тапсырыс қарастырылатын болады.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Облыстық мәслихаттың VI шақырылымының кезектен тыс II сессиясы өтті. Оған облыс әкімі Амандық Баталов пен оның орынбасарлары, облыстық деңгейдегі басқармалар мен департамент басшылары, аудан-қала әкімдері, мәслихат депутаттары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Сессияны облыстық мәслихат хатшысы **Серік Мұқанов** ашып, жүргізіп отырды. Күн тәртібінде облыстық мәслихаттың өткен жылғы 14 желтоқсандағы «2016–2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» № 51-287 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралды. Осыған байланысты облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нәфиса Сатыбалдина хабарлама жасады. Онда мәлім болғандай нақтыланған сома 7 969,3 млн. теңге, оның 5□241 млн. теңгесі еркін қалдықта, қалғаны құрылыс саласынан үнемделген қаражат болып табылады. Оны нақты шараларға бағыттау ұсынылды. Ендігі кезекте он үш функционалдық топ бойынша бөлінген қаражат мақсатты жұмыстарды жүзеге асыруға жұмсалмақ. Оның ішінде ауылшаруашылығы, құрылыс, білім, әлеумет, спорт және туризм, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен көлік және коммуникация, тағы басқа салалар бар.

Мәселен, басқару органдары мен аудандық әкімдіктердің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізуге, төтенше жағдайлардың алдын алуға, бірқатар ауылды сумен қамту бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді аяқтауға, «Қаттытұрмыстық қалдықтарды қайта пайдаға жаратуды дамыту» бағдарламасы жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге, облыстық, аудандық және қалалық маңызы бар жолдарды жөндеуге, іске қосылатын қалалық көпсалалы ауруханаға материалдық-техникалық базасын нығайтуға, облыстық кітапхананың кітап қорын толықтыруға, «Бизнестің жол картасы –2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында индустриялды инфрақұрылымды дамытуға, тағы басқа да жұмыстарды атқаруға қаражат қарастырылып отыр.

Айта кетейік, бюджетке енгізілетін өзгерістер бұған дейін мәслихаттың тұрақты комиссия отырысында жан-жақты талқыланып, қаралған болатын. Сол себепті халық қалаулылары тарапынан бұл мәселелерге байланысты сұрақтар туындаған жоқ. Нәтижесінде ұсынылған шешім жобасы бірауыздан мақұлданды. Сондай-ақ, Ақсу қант зауытын қайта іске қосуға бағытталған қаржы көлемі де аз емес. Осыған байланысты Амандық Ғаббасұлы өз ойын ортаға салып, жобаға қолдау танытқан депутаттарға алғысын жеткізді. Қорытындыға сәйкес облыс бюджеті 393, 3 млрд. теңге көлемінде нақтыланды.

Сонымен бірге сессияда ортақ су пайдаланудың қағидаларын белгілеу, облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 16 маусымдағы «Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы» № 34-202 шешіміне өзгерістер енгізу, Панфилов ауданы Жаркент қаласының шекараларын өзгерту, Алматы қаласының төрт серіктес қалалардың бас жоспарының техникалық-экономикалық негіздемесін, облыс әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері мен олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын, Қоғамдық кеңес туралы Ереже мен облыстық мәслихаттың биылға арналған перспективалық жұмыс жоспарын бекіту туралы мәселелер де назарға алынды.

Баспасөз – 2016



АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге екінші жартыжылдыққа жазылу басталды

Өзендер өрнектеген өлкенің төл басылымына айналған, ғасырға жуық сырлы тарихы бар облыстық «Жетісу» газетіне екінші жартыжылдыққа жазылу науқаны басталды. Газеттің әрбір оқырманға берері мол екеніне басылымның әрбір бетін парақтап, оқығанда көз жеткізе аласыз.

Олай болса, өңіріміздің айнасы, жағымды жаңалықтың жаршысы болған қазақ баспасөзінің атасы «ЖЕТІСУЫҢЫЗБЕН» БІРГЕ БОЛЫҢЫЗ ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№	Индексі		Қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	3906,00	4215,60
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2622,24	2931,84
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2728,80	3038,40
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	2836,08	3145,68



АЛ, ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ, ЖҰМАХАН БАЛАПАНОВ КӨШЕСІ, 28-ҮЙ, 4-ҚАБАТТА ОРНАЛАСҚАН «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА КЕЛІП, БАЛАМА ЖАЗЫЛЫП, ГАЗЕТТІ ОСЫ МЕКЕНЖАЙДАН АЛЫП ТҰРУДЫ ҚАЛАСАҢЫЗ, ОНДА:

№	6 айға	
1.	Заңды тұлғалар үшін	2800
2.	Зейнеткерлер үшін	1550
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1700
4.	Жалпы жеке жазылу	1850

«Жетісу» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ: 6 айға

- **Заңды тұлғалар үшін – 2500 теңге.**
- **Зейнеткерлер үшін – 1300 теңге.**
- **Жалпы жеке жазылу – 1500 теңге.**
- **Бюджеттік мекеме қызметкерлері үшін – 1400 теңге.**

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ӘКЕСІЗ БАЛА БОЛМАСА... 6-бет

ЖЫЛДАР, ЖЫЛДАР, СЕНДЕ СЫР БАР... 9-бет



Тікелей байланыс



Мамыр айының 18-і күні сағат 11.00-12.00 аралығында облыстық білім басқармасының басшысы **Ләззат Базарқұлова** ел-жұртпен телефон арқылы тікелей тілдесуге облыстық «Жетісу» газетінің редакциясына келеді.

Білім саласына, мектеп пен балабақшада берілетін тәлім-тәрбиеге, мұғалімдер жұмысына, алда өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты мазалаған сауалдарыңыз болса **8 (7282) 41-10-49, 41-10-46** нөміріне хабарласып, қоя аласыздар. Сіздер қойған сұрақтардың жауабы газетімізге жарияланады. Сондай-ақ, сауалдарыңызды алдын ала редакцияның Jetisu 2002@ mail.ru электронды почтасына жолдауларыңызға да болады.

ӘКІМ НАЗАРЫНА

КӨМЕКТЕССЕҢІЗ ЕКЕН

Аса құрметті Амандық ҒАББАСҰЛЫ!

Сізге облыс басшысы ретінде Еңбекшіқазақ ауданы Жаңашар ауылдық округі барша тұрғындары мен шаруа қожалығы өкілдері атынан арнайы өтініш білдіріп, хат жолдап отырмыз. Біздер күнделікті баспасөз және басқа да ақпарат құралдары арқылы Сіздің Алматы облысы халқы үшін аянбай еңбек етіп, жоғары нәтижелерге жетіп, елдің ықылысы мен ілтипатына бөленгеніңізге куәгер болып келеміз.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Сіздің еңбегіңізге берген жоғары бағасы да көңілімізді марқайтады.

Біздің Жаңашар ауылдық округі аудандағы іргелі елді мекендердің бірі болып саналады.

Округте 6253 адам тұрады, 154 шаруа қожалығы және аса ірі «Адал» агроөнеркәсіп кешені Алматы облысы мен Алматы қаласын ауыл-шаруашылығы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп келеді. Қолда бар 4000 ірі қара мен 1500 бас жылқы, қой малын өсіріп, 6000 гектардан астам жер телімінен орташа бір жылда 40000 тонна жемшөп әзірлейді.

Алайда кейінгі екі-үш жыл көлемінде басталған аса ауқымды «Еуропа – Қытай» тасжолының құрылысы біздерді қатты алаңдатып отыр. Тасжол елді мекен аумағын Жаңашар және Космос, Базаргелді ауылдары арқылы екі бөлікке бөліп тастайды. Осы елді мекендерге қатынайтын негізгі күрежолға арнайы өтетін өткел, не болмаса көпір қарастырылмаған. Бұл ертеңгі күні ауылшаруашылығымен айналысатын құрылымдарға аса зор қиындық туғызып, айналма жолмен ұзақ жүріп, алтын уақыттарын жоғалтып, ауылшаруашылық арнайы құралдарымен тасымалданатын жемшөбін өткізе алмай, қосымша зор шығынға батқалы отыр. Әрі осы құрал-саймандар жасалынған жолды бүлдіре ме, жоғары жылдамдықтағы жолмен өтерде жол апаттарының болуына себепкер болмай ма екен деген қауіп те бар. Ел іші болғаннан соң, өмірден өткен жандарды соңғы сапарға, зиратқа жеткізуде де қиындық туындағалы отыр. Көпірмен қатар, жоспарланған әрі шаруа қожалықтары мен «Адал» агроөнеркәсіп жер телімдерін суаруға қажетті №23620, 244-40, 250-00 су өткелдері де салынбайтын түрі бар.

Аса құрметті Амандық Ғаббасұлы!

Жоғарыда баяндалған Жаңашар тұрғындары өтінішін аяқсыз қалдырмай, өкілетті органдармен бірлесе құрылған комиссия шығарып, оң шешімін қабылдап, ел-жұртыңызға тиімді шешіп беретініңізге кәміл сенеміз. Әрі Сіздің кейінгі берген пәрменді тапсырмаңыздан кейін Саймасай, Бәйдібек ауылдарына көпір салу мәселесі шешіліп, Жаңашар округі тұрғындары өтініші аяқсыз қалып отырғанын да қынжыла айтамыз.

Еңбекшіқазақ ауданы,
Жаңашар ауылының тұрғындары атынан:
Е. МАТЕЦКИЙ,
Н. СУРИН,
Е. АБДЫҒАЛИЕВ,
М. ИГІЛІКОВ,
барлығы 88 адам қол қойған.

БЖК2020 БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2020

Талдықорған қаласындағы «Чак-чак» атты дүкенде тәтті тоқаштың небір түрі саудаланады. Ал олар негізінен өздерінің цехында әзірленеді. Басшысы Айгүл Сыдықова мемлекеттік қолдаудың арқасында дүкенге қажет қондырғылар мен кондитерлік өнім өндіретін жаңа құрылғыларға қол жеткізген.



«ЧАК-ЧАКТЫҢ» ТӘТТІ ӨНІМДЕРІ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Айта кетейік, «Сыдықов» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2014 жылы «Бизнестің жол картасы — 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында «ВТБ» банк арқылы қол жеткізген 15 миллион теңгеге алдымен қажетті қондырғылар мен болашақ дүкен ғимаратын сатып алады. Бүгінде осы дүкен цехында нантоқаш пен тәттілердің небір түрі пісіріліп, бірден сөреге қойылады. Көпшілікке ұсынылатын тәттілерге тек отандық шикізат қана қолданылады. Кәсіпкер келіншектің айтуынша, ол тәттілер пісіруді бала жасынан жақсы көріпті. Оған анасы себепкер болған.

Сондықтан болар, оның бұл істе тәжірибесі мол әрі сауда саласында біраз жылдар еңбек еткен. Кейіннен аталған іске деген құлшынысы артып, нәтижесінде осындай орынның ашылуына ықпалын тигізген. Айгүл Ниетқызының бизнеспен айналысып, кәсібін жандандыруға негізінен отбасы мен «Даму» қорының көп көмегі тиіпті. Бүгінде кәсіпорында оннан аса адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілген. Дәмді өнімдерге де сұраныс аз емес көрінеді. Сұраныс көбейген сайын еңбеккерлер қатары да толыға түсуде. Цехта жұмыс істейтіндердің басым бөлігі өз ісінің шеберлері.

Білікті мамандар жаңадан келгендерге бар білгендерін үйретіп, тәжірибелерімен бөлісуді де назардан тыс қалдырмайды. Сөйтіп, ауызбірлігі жарасқан ұжым өз жұмыстарын жандандыруда. Әсіресе, олар санға емес, сапаға көп мән береді. Сол себепті жаңа піскен өнімдер дүкен сөресінде ұзақ жатып қалмай, тез өтіп кететін көрінеді. Кәсіпкер келіншектің алға қойған жоба-жоспарлары да ұшан-теңіз. Алдағы уақытта өнім түрін еселеп, өндіріс ауқымын кеңейту жоспарға алынған.



ЗАҢГЕР КЕҢЕСІ

Сұрақтарға облыстық Әділет департаментінің жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Асхат РАЙМҚҰЛОВ жауап береді.

– ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ЖОҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАДА ДЕРЕКТЕР ДҰРЫС БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА ҚАТЕНІ ҚАЛАЙ ТҮЗЕТУГЕ БОЛАДЫ?

– ҚР ККМ Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметтерін үйлестіру комитетінің 2014 жылғы 6 ақпандағы № 5 және ҚР ӘМ Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің 2014 жылғы 6 ақпандағы №4 бірлескен бұйрығымен «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер базасындағы қате мәліметтерді түзету тәртібі туралы нұсқаулық бекітілді. Осы нұсқаулық «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер базасындағы қате мәліметтерді түзету тәртібін белгілейді. Нұсқаулыққа сәйкес ақпараттық қызметтер нысандарында қате мәліметтерді анықтаған жағдайда (жылжымайтын мүлік иесі не оның уәкілетті өкілі) анықталған қатемен бірге құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының, техникалық паспорттың түпнұсқасын бере отырып, Халыққа қызмет көрсету орталығының жауапты қызметкеріне хабарласады. ХҚКО жауапты қызметкері ұсынылған құжаттарды және өтініш берушінің жеке куәлігін сканерлейді. Өтініш берушінің жүгіну мақсатына байланысты ХҚКО жауапты қызметкері Әділет департаменттері немесе «Жылжымайтын мүлік орталығы» РМҚК-ға арналған ақпараттық хабарлама береді. Әділет департаментінің немесе «Жылжымайтын мүлік орталығы» РМҚК-ның жауапты қызметкері ХҚКО-дан барлық қажетті ақпаратты алған сәттен бастап бір сағаттан аспайтын уақыт ішінде ЖМТ МДБ-да анықталған қатені жою бойынша шараларды қабылдайды. Бұл әрекет тегін негізде жүзеге асырылады.

– ҚР-ДА ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫН ШЕТЕЛ АЗАМАТЫНА ҚР АУМАҒЫНДА ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК САТЫП АЛУЫНА БОЛА МА?

– Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 3-бабына сәйкес егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, шетелдік жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар азаматтық заңдарда Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары үшін қандай құқықтар мен міндеттер көзделсе, нақ сондай құқықтарға ие болуға құқылы және сондай міндеттерді орындауға міндетті. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N2337 Заңының 9-бабында Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер тұрғын үй қатынастарында Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын пайдаланатындығы және солар сияқты міндеткерлікте болатындығы, Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер жеке меншік құқығында тұрғын үйге (уақытша жүрген шетелдіктерді қоспағанда) және басқа мүлікке, ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларының, ашылған жаңалықтың, өнертабыстың, рационализаторлық ұсыныстың, өнеркәсіптік үлгінің авторлық құқығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзге де мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола алатындығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер өздерінің мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей пайдаланатындығы белгіленген.

БАЛДЫРҒАН

ҚОШ БОЛ, БАЛАБАҚШАМ!

Жаңа оқу жылында мектеп партасына тәй-тәй басқан бүлдіршіндер отырып, болашаққа қадам басады. Қазір балдырғандарымыз балабақшада тәлім-тәрбие алып, жастайынан мектепке даярланады. Олар онда тіпті шет елдің тілін де меңгереді.

«Бұл оқу тамақ болар қарын ашқанда, Жол табар қараңғыда адасқанда. Мал озбас, біле білсең білім озар, Ақыры керек болар бір сасқанда», – деп Міржақып ақын айтпақшы, көзді ашып-жұмғанша тағы да бір оқу жылының аяқталар сәті келіп жетті. Үлкен маңызға ие мерекені біздің Текес ауылындағы «Қызғалдақ» бөбекжай-балабақшасы да атаусыз қалдырмады. Тарыдай болып кірген бөбектеріміздің ақыл-ойы толысып, оң мен солын танып, жақсы мен жаманды ажырата білуді үйренді. «Айгөлек» мекетепалды даярлық тобының бүлдіршіндері «Қош бол, балабақшам!» – атты қоштасу шарасын өткізді. Кеш шымылдығын ашқан балабақша меңгерушісі Батихан Мұғалімқызының құттықтау сөзінен кейін «Бақша вальсімен» бүлдіршіндеріміз өз өнерін ортаға салды. Кішкентай балапандар өзге тілді де меңгеріп келеді, соның айғағы ретінде ағылшын және орыс тілінен үйренген өлең-тақпақтарын шүлдірлеп айтып, сауат ашу, математика, көркем әдебиет пәндерінен алған білімдерін саралап, тапсырмалар орындады. Әсем әнімен баурап алған Ақбота Нұржақып, Інжу Қайрат, Ақнұр Әшірбек, Сағыныш Тұрсынбай сынды әнші қыздарымыздың өнерлері үлкен қошеметке ие болды.

Кеш қонағы болып келген Өнер мектебінің директоры Клара Иманғазиева мен Қ. Шорманов атындағы орта мектептің директоры Бисара Жұрқабаева балаларды ән мен биге баулыған музыка жетекшілері Маржан Қорабаева мен Күлпара Жүнісбаеваға алғыс білдірді. Сондай-ақ ұлдарымыздың «Түлпар», «Грузин биі», «Жалқаубек» билері мен Жұмабай Бектің салған пародиясы мерекенің көркін одан әрі қыздыра түсті. Кеш соңында қонақтар мен ата-аналар «Айгөлек» тобының тәрбиешілері Мөлдір Жакупакынова, Гульфайра Смағұлова, Бағила Әлішеваларға өз ризашылықтарын білдірді.

«Алғашқы өмір өткелін, Қымсына барып аттарсың. Әр сөзін оның жаттарсың, Озат болып оқындар, ойға білім тоқындар», – деген ізгі ниетпен топ тәрбиешілері түлектерді 1-сыныпқа қабылдайтын ұстазы Тұрсынкүл Әлішеваның қолына тапсырды. Үміт арқалаған өрендердің өнерде де, білімде де жолы болсын!

Лиза КӨШКЕНОВА,
«Қызғалдақ» бөбекжай-балабақшасының әдіскері.
Текес ауылы,
Райымбек ауданы.

БРИФИНГ

ӘРБІР СҰРАҚ ЕСКЕРІЛЕДІ

Елбасы тапсырмасымен Мәжіліс пен Сенаттың депутаттары, Үкімет мүшелері, саяси партиялардың, агробизнестің, қауымдастықтардың өкілдері мен ғалымдар және азаматтық қоғамның белсенділері қамтыған Жер реформасы жөніндегі комиссия құрылып, алғашқы отырысын да өткізіп үлгерді. Сондай-ақ, Алматыда зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, ауқымды түсіндіру жұмысына мұрындық болды. Игілікті іс ары қарай жалғасып, республикалық орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммед, Ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметов БАҚ өкілдерімен кездесіп, ауқымды істің болашағы жайлы ой бөлісті.

Қажет АНДАС

Алдымен сөз кезегін алған комиссия төрағасы Бақытжан Сағынтаев комиссияның атқарылған және атқарылатын жұмыстары жайлы айта келіп, алдағы жоспарларымен бөлісті.

– Өздеріңізге мәлім, Жер реформасы жөніндегі комиссияның алғашқы отырысында Ауылшаруашылық министрлігінің жанынан арнайы штаб құру қажеттілігі айтылған. Қазір сол штаб пен комиссия секретариаты жұмысын бастап кетті. Нәтижесінде штаб пен комиссия секретариатына жаңжақтан түрлі сұрақтар түсуде. Осы тұста тағы да өзін толғандырған сұрақтарымен штабқа немесе комиссияға хабарласқысы келетіндердің қатары көп екені белгілі. Сондықтан Жер мәселесіне қатысты жан-жақты ақпарат білгіңіз келсе, арнайы ашылған Jerturaly.kz сайтына кіріңіз. Порталдан нақты статистиканы көре аласыз, сауал қоюға, ұсыныс айтуға болады. Комиссия қызметі туралы мәлімет те осы сайтта жарық көреді. Ақпарат білудің тағы бір жолы – барлық өңірде Call-орталықтар біртіндеп ашылуда. Оның сенім телефон нөмірі 14-34. Қазірге дейін штаб пен комиссияға және Call-орталықтардың сенім телефонына еліміздің барлық өңірінен 700-ден астам сұрақ түсті. Келіп түскен әрбір сұрақ, ұсыныс зерделеніп, сараптаудан өтіп, тиісті мекемелерге жолданып, нақты жауап беріледі. Бұған қоса Алматы, Астана және облыс әкімдерінің жанынан құрылған қоғамдық кеңестерге түскен сұрақтар да назарға алынып, маңыздылары комиссия қарауына жіберіледі. Тіпті, әлеуметтік желі, бұқаралық ақпарат құралдарына айтылған ұсыныстар да назардан тыс қалмай, толық, нақты жауап беру көзделеді, – деді ол.

Комиссияның алғашқы отырысында көпшіліктен: «Комиссияны белгілі топтарға бөліп, сол бағытта жұмыс істейік», – деген ұсыныс түскен еді. Соған сай экономикалық, құқықтық, рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету, комиссия жұмыстарын түсіндіру және ақпараттандыру сияқты төрт жұмыс тобы құрылды. Комиссия мүшелері ыңғайына қарай осы жұмыс топтарына бөлінеді және ол топтардың жетекшілері бекітіледі. Комиссияның алдағы жоспары да ауқымды. Маусым айында комиссия мүшелері өңірлерге шығып, әкімдіктердің жанынан құрылған қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, тұрғындармен кездесулер өткізіп, сұрақтарға жауап бермек.

Иә, көпшілік жер мәселесіне қатысты сұрақтарды Жер реформасы жөніндегі комиссиядан бөлек, «Нұр Отан» партиясының қоғамдық қабылдау бөлімдеріне де ұсынып, оның жауабын талап етуге және шешілу жолдарын білуге болады. Бұл жайлы Мұхтар Құл-Мұхаммед айтып өтті. Оның айтуынша, «нұротандықтар» еліміздегі барлық саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар қатарында заңды талқылауға кірісіп кеткен. Билік партиясының өкілдері Елбасы тапсырмасын мұқият орындай отырып, өзінің қоғамдық қабылдау бөлмелері, Парламенттегі фракциялары, облыстық, аудандық мәслихаттағы депутаттар арқылы заң жобасын талқылауға атсалысуда. Өйткені бұл заң ең алдымен жермен қызмет істейтін адамдарға қатысты. Сондықтан ел тілегін ұлық көрген «нұротандықтар» алдағы уақытта өңірлерге шығып, жер өңдеп, кәсіптен нәсіп тауып отырған адамдармен пікірлесіп, ортақ мәмілеге келіп, ұтымды жол табуға тырыспақ.

Айта кетерлігі, Елбасы тапсырмасымен осыған дейін жерге қатысты мәселелермен Ұлттық экономика министрлігі айналысып келген еді. Енді осыған қатысты міндеттер Ауылшаруашылық министрлігінің құзыретіне жүктелді. Соған сай Ауылшаруашылық министрлігі жанынан арнайы жер істерін басқаратын комитет, жұмыс тобы құрылды. Бұл комитеттің міндеті – тұрғындардан түскен сұрақтарға талдау жасап, оны тереңдей талдап, зерделеп, заңдылығын қарастырып, қорытынды шығару. Олар бүгінге дейін Жер реформасы жөніндегі комиссияға түскен 700-ден астам сұраққа талдау жасаған. Министр Асқар Мырзахметовтың айтуынша, сұрақтардың 90 пайызы өзіне тиесілі жерді қалай пайдалану, тұрғын үй салатын жерге қалай қол жеткізу, екінші деңгейлі банктерден қалай несие алу мен оны тиімді пайдалануға қатысты сұрақтар.

Әрине, жер туралы көтерілген сұрақтар халқымыздың келешегі үшін өзекті мәселе. Елбасы Жер кодексінің кейбір баптарына мораторий жариялаған жиналыста: «Кез келген заң халыққа қызмет істеуі керек. Халыққа ұнамайтын заңға біз зәру емеспіз», – деген ойын білдірді. Сондай-ақ, Үкіметке, басқа да ведомстволарға заңды тұрғындарға егжей-тегжейлі түсіндіруді тапсырды. Шынымен, Жер туралы кодексте жерді сату деген бап та, белгілеме де, тармақ та жоқ. Алайда, жерді жалға беру арқылы инвестор тарту мәселе қарастырылған. Бұл – әлемде осыған дейін дәлелденген. Сондай-ақ, жерді жалға беру шетел азаматтарының елдегі санының артып, тәуелсіздікке қатер төндіреді деген пікірде байыбына бармай, ел арасындағы шыққан алыпқашпа әңгіме деп білеміз. Сондықтан жерлестерімізге барлық іске байыппен қарап, ортақ мәмілеге келіп, елге де, өзімізге де тиімді жолды таңдағанымыз жөн.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдіқадыров биылғы жылдың I тоқсанында атқарылған жұмыстарды қорытындылады.

АУҚЫМДЫ ШАРАЛАР ЖАЛҒАСАДЫ

Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

Бүгінде партиялық жобаларды жүзеге асыру бойынша нақты әлеуметтік топтарға бағытталған 9 жоба жұмыс істеп тұр. Жыл басынан бері «Сыбайлас жемқорлыққа жоқ ел – өркендеуші ел», «Ардагерлерді ардақтайық», «Ұлы дала елі», «Кедергісіз келешек», «Сәтті қадам», «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту», «Бақытты балалық шақ», «Айқын тариф», «Жастар Отанға» сынды партиялық жобаларды бойынша 952 шара ұйымдастырылған.

Биылғы төрт айдың өзінде қоғамдық қабылдауға 1180 өтініш келіп түскен. Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары 238 қабылдау өткізіп, 224 азаматтың талап-арызына құлақ түрген. Айта кетерлік тың жаңалықтың бірі, «Қазпошта» АҚ-ның облыс орталығынан шалғай орналасқан ауылды жерлердегі бөлімшелеріне және аудандық, қалалық партия филиалдарына бейне-байланыс орнатылған. Ол билік пен халық арасындағы байланыстың жақындығын арттырмақ. Садық Нұрсапаұлының айтуынша, қоғамдық қабылдауға келіп түсетін талап-арыз бен өтініш-тілектің көбісі білім және денсаулық сақтау салаларына қатысты. Халық тарапынан түскен әрбір ұсыныс пен өтініш оң шешімін табады әрі назардан тыс қалмайды.

Сондай-ақ, жиында партия филиалы төрағасының орынбасары жемқорлықпен ұсталып жатқандардың көбісі мемлекеттік қызметкерлер екендігін ашық айтты. Сондықтан да еліміздің бас партиясы қоғам дертімен күресті басты міндеттерінің бірі деп санайды. Алдағы уақытта партия жобаларының аясында ауқымды шаралар жалғасын тауып, халық игілігі үшін жүзеге аспақ.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Ағайынның әлеуеті орасан

Ұзынағаш ауылындағы аудандық орталық кітапханада Жамбыл ауданы әкімдігінің қолдауымен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Алматы облыстық филиалы ұйымдастырған «Жаңа жағдай, жаңа арман және оралман» атты «дөңгелек үстел» болып өтті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» деп аталатын биылғы Жолдауы мен «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласын туындайтын міндеттерді талқылауға арналған жиынды аудан әкімінің орынбасары Гүлнәр ЕРМЕКБАЕВА ашып, жүргізіп отырды.

– Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында заманның беталысы аса күрделі екенін, қиын кезеңге аяқ басқанымызды айта келіп, жаңа жаһандық нақты ахуалдың сын-қатерлерін бірме-бір атап, одан Қазақстанды табыспен шығарудың айқын бағыттарын белгілеп берді, – деп «дөңгелек үстел» жұмысын бастаған Гүлнәр Өмірбекқызы Елбасы Жолдауындағы тапсырмаларды орындауда үкіметтік мекемелермен бірге қоғамдық ұйымдардың да ауқымды істер атқара алатындығын атап өтіп, ауданның экономикасы, мәдениеті мен әлеуметтік өмірі жайлы қысқаша әңгімелеп берді.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Алматы облыстық филиалы басшысының орынбасары Құтмағамбет Қонысбаев Елбасы Жолдауы мен Қазақстан Президентінің «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласы жөнінде қысқаша баяндама жасап, осы бағдарламалық құжаттардың маңызы мен ерекшеліктеріне тоқталды. Шетте ғұмыр кешіп жатқан қандастарымызбен тікелей байланыс орнатып, шетелдердегі отандастарымыздың мәдени-рухани тілектерінің орындалуына айтарлықтай үлес қосып отырған бірден-бір және ең ірі қоғамдық ұйым ретінде ДҚҚ атқарып жатқан жұмыстар жайында әңгімеледі.

– Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде 1 миллиондай қандасымыз атажұртқа оралып, туған жерге туын тікті. Статистика агенттігінің ресми мәліметтеріне сүйенсек, сол қандастарымыздың 61,5 пайызы Өзбекстаннан, 14 пайызы Қытайдан, 12 пайызы Моңғолиядан, 7 пайыздайы Түркіменстаннан, басқалары Ресей, Ауғанстан, Иран, Түркия және басқа елдерден екен. Қандастарымыз негізінен Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл және Маңғыстау облыстарына көбірек қоныстанса, бұл «табағыңды берме, қабағыңды бер» дегендей, осы облыстардың халқы мен басшылығының жылы қабақ танытып, ағайынның атажұртқа оралуына кең қолдау көрсеткенінің арқасы екенін де ерекше есте ұстау керек. Олардың 950 мыңдайы Қазақстан азаматтығын қабылдап, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық өміріне белсене араласып кеткені қуанышты. Жалпы біздің азаматтарымыз «Бәрін мемлекет шешеді, үкімет барлық нәрсемен қамтамасыз етеді» деген ескі түсініктерден арылып, өзіне қажеттінің бәрін өз еңбегімен табуға, сол арқылы өзінің де, қоғамның да жаңаруына, Елбасы алдымызға қойған Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамының қалыптасуына, соңғы есепте халқымыздың алдында тұрған жаңа армандарға қол жеткізуге бірлесе ұмтылып, барынша үлес қосулары тиіс, – деді ол.

ДҚҚ Алматы облыстық филиалының басшысы Дәмер Жайнақов Қауымдастықтың жұмысы, Көшіқон заңына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар жайында әңгімелеп, заңдағы жаңалықтар, олардың бұрынғы ережелерден ерекшеліктері жөнінде әңгімеледі. Сондай-ақ ДҚҚ Төралқа Төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев мырза бекіткен жоспарға сәйкес, филиал биыл Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен Жетісу өңірінде Елбасы Жолдауы мен Бағдарламаларын насихаттау бағытында «дөңгелек үстел», концерттік бағдарлама, басқосу түрінде ондаған шара өткізетінін айтты.

«Дөңгелек үстел» жұмысына «Мемлекеттік тіл» республикалық бірлестігінің жауапты хатшысы Нұржан Ошанбеков, Халықаралық «Алтын бесік» журналының тілшісі Тұрсынбек Кешубай қатысып, ұлттық бірлік, берекелі тірлік, оған этникалық қазақ көшінің әсері туралы өз ойларын ортаға салды. Жамбыл ауданына Өзбекстан, Қытай, Моңғолия елдерінен көшіп келген Айбосын Құттымұратов, Құмар Серік, Гүлдана Ақайқызы, Малина Сақай, Сәуле Рақым сынды қандастарымыз өздерінің жеке кәсіптері, аудан басшылығы мен жергілікті ағайынның қолдауы жайында әңгімелеп, ризашылықтарын, тілек-ойларын жеткізді.

Жиынға қатысқан аудандық еңбекпен қамту бөлімі мен халыққа қызмет көрсету орталығының мамандары жұмысқа орналасу, жеке кәсіп ашу, көшіп келген ағайындардың тұрақты тіркеуге тұруы, ықтиярхат пен азаматтық алуы турасындағы сұрақтарға жауап берді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ


Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 64 (18196)
Сейсенбі, 7 маусым, 2016 жыл.

ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

ТҮЙЕҚҰСТЫҢ ӨНІМІ МОЛ

Кейінгі жылдары Қазақстандағы үлкен сауда орындарында сатыла бастаған түйеқұс етін жерлестеріміз өндіріп отыр дегеннің өзі жүрекке жылы тиеді. «Көп естігеннен бір көрген артық» дегендей, Еңбекшіқазақ ауданына барған сапарымызда Әймен ауылындағы түйеқұс өсірумен айналысатын «Фауна» атты фермалық шаруашылыққа бас сұқтық. Басында Бекетбай Дәуренқұлов ағамыз басқаратын шаруашылықтағы бойы 3 метрге жуық түйеқұстарды кезіктіргенде сәл тіксініп қалғанымыз анық. Өйткені тарихи түп-төркіні Африка мен Австралия құрлығынан өрбитін бұл құс жайлы білетініміз тым аз еді. Әңгіме барысында түйеқұстарды шаруашылық мақсатында пайдалану үшін осыдан 15 жыл бұрын Қазақстанға алып келген аталған ұжым қызметкерлерінен оларды Жетісу төрінде жерсіндірудің оңайға түспегеніне қанығыңыз түстік.

Алдымен бізді аталған шаруашылықтың маманы Қуанбай Қайратбекұлы бастап жүріп, құс фермасының барлық мән-жайымен таныстырып шықты. Оның айтуынша, алғаш бетпе-бет келгенде сұсты болып көрінетін бұл құстың пайдасы шаш етектен көрінеді. Бойы 2-3 метр келетін түйеқұс аталығы 100-150 келі ет береді екен. Қауырсыны баскиім, сахналық костюмдер тігуге пайдаланылса, жұмыртқасы мен еті жесең ем, әсіресе, қанқысымы жоғары және қант диабетімен ауыратындарға мың да бір дауа. Сондықтан түйеқұсқа қызығушылық уақыт өткен сайын артуда. Басын құмға тығып қойып, өзіне төнген қауіп-қатерді елемеуге тырысатын әдеті көпшілікке қызық көрінгенімен, бір қасиеті аса күтімді, қамқорлықты қажет ете бермейді. Әу баста шетелден жүзге жуық түйеқұс балапанын сатып әкеліп, қазақ даласында оны өсіруге болатынын дәлелдеген шаруашылықта бүгінде елуге жуығы бағылып жатыр.

Аталған құсты бағып-баптау ісі де үлкен жауапкершілікті талап ететін көрінеді. Оларға негізінен шөп, жүгері, бидай және соя ұны қоспаларынан тұратын азық-түлік беріледі екен. Оған бор мен кальций қосылады. Бір түйеқұс күніне 10 литрге жуық су тұтынады. Керекті азық шаруашылықтың өзінде дайындалады. Шаруашылықта арнайы жататын, қыздырылатын, жемдейтін орындар, инкубатор құрылғысы бар. Жазды күні далада емін-еркін жүретін құстарды қысты күні бағатын орындар да заман талабына сай жабдықталған. Онда түйеқұстар азықтанатын құрылғылар мен жатын орнын жылытуға арналған пеш орнатылған.

Фермадағы ересек түйеқұстардың салмағы 160 келіге дейін жетеді екен. Біз көрген балапан деп саналатындардың салмағы да осы мөлшерге жетекқабыл. Балапандар тәулігіне 500 граммнан салмақ қоса отырып, он айлығында 100 келіге жетеді. Екі жасқа толғанда толыққанды түйеқұс саналып, жұмыртқалай бастайды.

Негізі түйеқұстың өнімдері өте пайдалы. Терісі, тұяғы, тұмсығы, еті, жұмыртқасы, бәрі кәдеге жарайды. Еті мейрамханаларда диеталық тағам ретінде ұсынылады. Ал оның терісінің беріктігі піл мен қолтырауынның терісімен бірдей. Олар негізінен сәуір мен қазан айында жұмыртқалайды. Ол кезде бір түйеқұс аптасына бір-екіден жұмыртқа береді. Бір қызығы, салмағы 1,5-2 келе жұмыртқаны қуырып, 12-14 адамды тамақтандыруға болады.

Бүгінде түйеқұс етіне сұраныс жоғары. Жеке шаруашылықта түйеқұстар қыста терең төсеніште, жылыжайларда сақталады, ал жазда табиғи топырақта жайылымдарда тұрады. Түйеқұстардың бөлмесі құрғақ, мүмкіндігінше ашық, жарық, өте таза және жыл мезгіліне сәйкес келу керек. Егер қандай да бір шарттар сақталмаса, онда олар кеткен шығынға сәйкес саны мен сапасы бойынша қажетті өнімді бермейді және оларды өсіру тиімсіз болып есептеледі.

Айналасы темір тормен қоршалған аулада асыр салып ойнап, тізіле билеп, емін-еркін жүрген түйеқұстардың жағдайының жақсы екені бірден білінеді. Тіпті адамға үйірсек болып алғандары да көп. «Фауна» фермалық шаруашылығы Жетісу жеріндегі түйеқұс өсірумен айналысатын бірден-бір шаруашылық болғандықтан түйеқұстың тіршілігін тамашалап, көріп қайтуға келетін туристердің қатары жыл сайын артып келе жатқан көрінеді. Сол қатарда жерлестерімізді айтпағанның өзінде алыс-жақын шетелден, тіпті, Африка елдерінен арнайы келіп, түйеқұстардың тіршілік етуін көріп қайтатындар да көп екен. Біз шаруашылыққа барғанда түйеқұсты көруге келген адамдардың көптігіне тәнті болдық. Сол кезде Қостанай қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы №23 орта мектептің оқушылары да сау ете қалды. Олар облысымызда өсіріліп жатқан түйеқұстарды арнайы көру мақсатында келгенін айтады.

«Фауна» шаруашылығы сияқты түйеқұсты жерсіндіріп, шаруашылығын дамытып жатқан фермерлердің қатары көбейгенін жаңалықтардан көп көреміз. Ендеше, қарапайым азықпен қоректеніп, өнімді мол беретін, шығымы аз, туристік пайдасы мол, аса қамқорлықты қажет ете бермейтін, өнімі қымбат түйеқұсты неге біз де өсіріп көрмеске? Сұраныс бар жерде ұсыныстың қашанда болатынын ескерсек, алдағы уақытта бұл бағытта бірталай жұмыстар атқарылып, түйеқұстың етін күнде болмаса да күнара жейтін уақыт келетін секілді.

Қ. ОМАРАҚЫН.
Еңбекшіқазақ ауданы.

СЕЛЕКТОР

Елбасының Жарлығына сай қоғамдық кеңес алдында орталық атқарушы органдар басшыларының 2016 жылға есеп беру кестесі бойынша ҚР Энергетика министрі Қанат БОЗЫМБАЕВ есеп берді. Астана төрінде онлайн режимінде өткен министрдің баяндамасын облыс әкімдігінің үлкен жиынжайында өңіріміздегі мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар, ғылыми-өндірістік бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және экология саласының мамандары тыңдады. Ауқымды шарада екі мәселе қаралды. Алдымен Энергетика министрлігіне қарасты комитеттердің өткен жылы атқарған жұмыстары мен биылғы алты айда қол жеткізген табыстары жайлы баяндама оқыған министр келесі кезекте БАҚ өкілдері мен облыс тұрғындарынан түскен сұрақтарға жауап берді.

Министр есеп берді

Қажет АНДАС

Өз баяндамасында ол министрлік жұмысының негізгі бағыттары, энергетика саласын дамытудың басты тетіктері, жеткен жетістіктер мен орын алған келеңсіздіктер, алдағы жоспарларға, соның ішінде экология мәселелеріне кеңінен тоқталды. Оның айтуынша, аталмыш министрлік қашанда жоспарға сай қызмет жасап, ойдағыдай нәтижелерге жеткен. Өткен жылы басталған экономикалық дағдарыстың салдары қанша ауқымды болса да министрлік жұмысты бағытын жүйелі жоспарлап, көптеген өндіріс орнын сақтап қалған.

Өткен жылы мұнай бағасы үш есеге төмендеді. Осы тұста елімізде үш үлкен жоба бойынша жұмыстар жоспарланды. Сол қатарда «Теңізшевройл» компаниясы мен «Қарашығанақ» кен орнын кеңейту жұмысы қолға алынса, биылғы жылы «Қашаған» жобасын іске қосу қарастырылған. Бұл еліміздің мұнай өндіру саласында 26 мың жұмыс орнын ашып, 40 миллиард доллардан астам инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

Қара алтыннан өзге де министрліктің құзырындағы ел экономикасын өркендетіп отырған газ, электр энергиясын жетілдіру, атом электр стансысын салу жоспары, уран өнеркәсібін дамыту, тағы да басқа маңызды салалар жетерлік. Министр бұл орайда атқарылып жатқан жұмыс ретімен де жан-жақты таныстырып өтті. Әсіресе, жасыл экономиканы дамытуды, жалпы халық тұтынатын азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кезек күттірмейтін маңыздылығы мен экологиялық ортаны қорғау мәселесін тілге тиек етті. Қанат Бозымбаев алдағы уақытта бензин өнеркәсібін модернизациялау жұмыстарының қауырт жүріп жатқанына айрықша тоқталды. Осы арқылы елімізде екі түрлі Еуропалық өлшемге сай бензин өндіріліп, жанармай нарығы толық қамтамасыз етілмек. Сонымен қатар, бүгінгі таңда елді мекендерді газбен қамту мәселесі республикалық және жергілікті бюджет есебінен шешіліп келе жатыр.

Министрдің айтуынша, өткен жылы елді газдандыру 43 пайызға жетіпті. Бұл төмен көрсеткіш болмаса да ойдағыдай жетістік те емес. Ал 2016 – 2018 жылдары Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарындағы 66 елді мекен газбен қамтылады деп күтілуде. Осы жылдар аясында қосымша 14 елді мекенге газ құбыры тартылатын көрінеді. «Индустриялық-инновациялық даму» бағдарламасы бойынша «Бейнеу – Шымкент» газ құбыры салынды және қолданысқа берілді. Бұл жоба оңтүстік өңірлерінің газға тәуелділігін шешкенімен табиғи газдың қызығын көре алмай жатқан жерлер де баршылық. Олар алдағы күннің еншісінде.

Бір айта кетерлігі, алдағы уақытта Елбасының тапсырмасымен электр энергиясын тасымалдайтын кәсіпорындарды ірілендіру жұмысы қолға алынады. Бұл Президенттің Астана экономикалық форумында, «Париж келісімі» аясында жасыл экономиканы дамыту және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі «Жол картасын» әзірлеу туралы тапсырмасы аясында қолға алынады.

Баяндамадан кейін министр Қанат Бозымбаев «24.KZ» теларнасы мен «Қазақстанская правда» газетінің тілшілерінен, Ақтау, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарының тұрғындарынан түскен әртүрлі мазмұндағы сұраққа жауап берді. Сол қатарда І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті техникалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты Жайлаубай Әлімбеков қалдықтарды көлемі, құрамы, түріне байланысты сұрыптап, «Рұқсат етілген қоқыс орны» деген ұғым енгізу қажеттілігін айтып өтті. Оның сұрағына министр: «Бұл ұсыныс тек қана экономикалық емес, санитарлық-эпидемиологиялық, техникалық және басқа да талаптар мен өлшемдерге сай келетіндіктен министрліктің жанынан құрылған кеңес отырысында қарап, қорытынды шығару керек», – деп жауап берді.

Осындай әлеуметтің әлеуетін дамытатын маңызды мәселелер көтерілген басқосу жоғары деңгейде өтіп, өз мәресіне жетті.

Облыстық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 73-бабы, 6-тармағына сәйкес Алматы облыстық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына келесі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Нұрлан Наурызұлы Қылышбаев, 1971 жылы туған, Ескелді ауданының әкімі, Ескелді ауданында тұрады;

Ермек Тоқтарбекұлы Мужиков, 1977 жылы туған, «Тургалиева» ЖК директоры, Талдықорған қаласында тұрады;

Асқар Абдолдаұлы Жолдоғұтов, 1963 жылы туған, жердің пайдалануы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы, Ескелді ауданында тұрады.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Т. ДАУТОВ.

“ЖЕТІСУ”-ақпарат

Тал бойында бір мін жоқ

Талдықорғандағы №19 мектепте «Өнерлі өрге жүзер» деген тақырыпта байқау өтті. Оған барлығы 12 қыз қатысты. Байқаудың материалдық-техникалық жағынан жабдықталуын және ұйымдастырушылығын «Мүшелтой» балалар мен жасөспірімдер клубы мойнына алыпты.

Байқауды өткізудің мақсаты – оқушы қыздардың шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау, шеберлік пен дарындылықты анықтау, өнерге қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениеті мен сахнада өзін-өзі ұстауға тәрбиелеу. Қыздар көпшілік алдына шығып, шеберліктерін сынға салды. Ою оюдан жарыс өтті. Он саусағы майысқан жеткіншек жарты сағатта берілген тапсырманы орындаулары керек. Талап үдеден шықты. Сан алуан ою көздің жауын алады. Қошқар мүйіз, түйетабан, ботамойын, құстұмсық, өркеш, айыр, көбелек, құсқанат оюлары өте шеберлікпен орындалды. Байқауға қатысушылардың ізденгендігі байқалады. Қанат Мейірдің ойған оюы ең қиыны еді. «Түйетабан» оюы кемшіксіз ойылды. Көз тайдыра алмайтындай әдемі-ақ.

Шараға қатысқан демеушілер жеңімпаздар мен өнерлі жастарға сыйлық берді. Бірнеше қызға Алғыс хат табыс етілді.

«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының бөлім меңгерушісі Раушан Сабырбаева шараны ұйымдастырған облыстық ата-аналар комитетіне алғыс айта отырып, қатысушылардың өнеріне ризашылығын жеткізді. Жиыннан соң облыстық ата-аналар комитетінің басшысы Дәния Қыдырбаева болашақта өнерлі жеткіншектердің көмегімен салауатты өмір салтын насихаттау, қарттар үйіне концерт қою, мамандық таңдау бойынша семинарлар ұйымдастырылатынын жеткізді.

Өзгеше әсер алды

Жастарды патриотизмге, азаматтыққа тәрбиелеу мемлекет пен қатар барлық қоғамдық ұйымдардың кезек күттірмейтін негізгі міндеті болып табылады. Осыған орай Алматы облысының ішкі істер департаментінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясын тамамдаған жас түлектер мен ішкі істер органдарына жаңадан қабылданған жас қызметкерлерге арналған іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараға әртүрлі мамандық бойынша дайындалған 35 жас түлек пен жаңадан қабылданған қызметкерлер және ішкі істер органдарының ардагерлері қатысты. Ішкі істер органдарының жас ұрпақты отансүйгіштік рухында тәрбиелеп, олардың патриоттық сезімін ояту, көпшілік арасында даңқ пен ерліктің дәстүрлерін насихаттау, қызметкерлердің батылдығын мәңгі есте сақтау, ішкі істер органдарының құрылу кезінен бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихи дамуын және жабдықталуын көрсету мақсатында жас қызметкерлер мен түлектерге Алматы облысы ІІД мұражайында экскурсия ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, іс-шара барысында Алматы облысы ішкі істер органдары Ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Құжаков жастармен кездесіп, өзінің өмірлік және қызметтік тәжірибесімен бөлісіп, жас қызметкерлерге тілек сөзін арнады. Жас мамандар ішкі істер органдарының өткенімен және бүгінгі күнімен танысып, тәжірибелі мамандардың ақылын тыңдап, жақсы әсерде қызметтеріне кірісуге аттанды.

“Суқұйғыш” орталығы ашылды

Күнделікті күйбең тірлік адам денсаулығының әлсіреп, жүйке жүйесінің бұзылуына әсер етеді. Сондықтан болса керек, бүгінде қала сыртындағы түрлі демалыс орындары мен шипажайларға деген сұраныс артып келеді. Сол себепті спорттық-сауықтыру бағытында жұмыс істейтін нысандардың атқаратын рөлі жоғары.

Айта кетейік, «Суқұйғыш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бастапқыда автожуу қызметімен айналысады. Кейіннен жаңа бағытқа көшуді ойлаған кәсіпкер балаларға арналған спорттық-сауықтыру орталығын ашуды ойлайды. Көп ұзамай-ақ алға қойған арман-мақсат орындалады. Осы ретте «Суқұйғыш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Х. Гибатуллина:

– Жас ұрпақ үшін ең бастысы – денсаулықты күту. Қазіргі кезде жан-жақты білім алып, пайдалы істермен айналысуға және соған дағдылануға мүмкіндіктер бар ғой. Сондықтан, біз ашып отырған сауықтыру орталығы негізінен келушілердің денсаулығын нығайтып, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы біліктіліктерін арттыруға айтарлықтай септігін тигізетініне сенеміз. Ол үшін бұл жерде қажетті жағдайдың бәрі қарастырылған – дейді.

Кәсіпкер «Бизнестің жол картасы –2020» бағдарламасы бойынша «Банк Центр Кредит» акционерлік қоғамы арқылы субсидиялау түріндегі мемлекеттік қолдауға қол жеткізді. Ендігі кезекте, ол алынған қаражатқа күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, йога және би залдарын кеңейтуді жоспарлап отыр. Сауықтыру орталығында йога, би, жауынгерлік өнерге арналған екі зал бар. Сонымен бірге уқалау-сипалау бөлмесі де қарастырылған.

Спорттық залдар қажетті құрал-жабдықтар мен заманауи үлгідегі едендік төсемдермен жабдықталған. Нысан санитарлық-гигиеналық талаптарға сай. Бір сөзбен айтқанда, мұнда демалушылар үшін барлық жағдай бар. Оларға білікті мамандар қызмет көрсетеді. Сондықтан болса керек, орталық ашылған соң келуге ниет білдірушілердің саны жоспардағыдан асып түскен.

Баспасөз – 2016

Өзендер өрнектеген өлкенің төл басылымына айналған, ғасырға жуық сырлы тарихы бар облыстық «Жетісу» газетіне екінші жартыжылдыққа жазылу науқаны басталды. Газеттің әрбір оқырманға берері мол екеніне басылымның әрбір бетін парақтап, оқығанда көз жеткізе аласыз. Олай болса, өңіріміздің айнасы, жағымды жаңалықтың жаршысы болған қазақ баспасөзінің атасы ***«ЖЕТІСУЫҢЫЗБЕН» БІРГЕ БОЛЫҢЫЗ, ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!***

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге екінші жартыжылдыққа жазылу жүріп жатыр

№	Индексі	Қала	ауыл
1. Заңды тұлғалар үшін	15469	3906,00	4215,60
2. ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2622,24	2931,84
3. Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2728,80	3038,40
4. Жалпы жеке жазылу	65469	2836,08	3145,68



АЛ, ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ, ЖҰМАХАН БАЛАПАНОВ КӨШЕСІ, 28-ҮЙ, 4-ҚАБАТТА ОРНАЛАСҚАН «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА КЕЛІП, БАЛАМА ЖАЗЫЛЫП, ГАЗЕТТІ ОСЫ МЕКЕНЖАЙДАН АЛЫП ТҰРУДЫ ҚАЛАСАҢЫЗ, ОНДА:

№	6 айға	
1.	Заңды тұлғалар үшін	2800
2.	Зейнеткерлер үшін	1550
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1700
4.	Жалпы жеке жазылу	1850

«Жетісу» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:
6 айға
- Заңды тұлғалар үшін – 2500 теңге.
- Зейнеткерлер үшін – 1300 теңге.
- Жалпы жеке жазылу – 1500 теңге.
- Бюджеттік мекеме қызметкерлері үшін – 1400 теңге.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 66 (18198)
Сенбі, 11 маусым, 2016

ҰЛТ МӘЙЕГІ

Қайраткерлерді қабылдады

Жақында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Алматыдағы өкілдігінде бірқатар әдебиет және өнер қайраткерлерін қабылдады. Олардың ұсыныс-пікірлеріне ден қойды. Еменжарқын отырып кеңінен әңгімелесті.



Суретті түсірген Ғұмабай МҰСАБЕКОВ.

Болат МӘЖИТ

– Сіздердің еңбектеріңіз ұлтымыздың рухани саласын нығайтуға зор үлес қосқаны белгілі. Сол арқылы оқырмандарыңызды, көермендеріңізді елдік пен ерлікке баулыдыңыздар. Адамгершілікке тәрбиеледіңіздер. Шығармашылықтарыңыз мемлекет тарапынан лайықты бағаланды. Тәуелсіздікпен бірге ержеткен жаңа ұрпақтың ұлттық танымына оң әсер етіп жатырсыздар. Мұның бәрі аз жұмыс емес.

Сіздерге сәлем беру, сіздерді іздеу – біздің парызымыз. Сіздермен дидарласу үшін Алматыға келгеніміз де сондықтан, – деді Амандық Ғаббасұлы.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын Марфуға Айтқожина облыс әкімінің мұндай ықыласты қабылдауына ризашылығын білдірді. Егемендіктің арқасында еркін сөйлеуге мүмкіндік алған жыр жолындағы бүгінгі ізбасарларына қызыға қарайтынын айтты. Тәуелсіздік аясында қазақ поэзиясы жаңжақты жетіліп, жаңғыра беретініне сенім білдірді.

Сонымен қатар, 80 жылдық мерейтойының жақындап қалғанын да құлаққағыс етіп, облыс басшысына өзінің шығармалар жинағын сыйға тартты.

Қазақстанның халық әртісі Сәбит Оразбаевты да әкім зор құрметпен қарсы алды. Қазақ театр өнеріндегі ол кісінің сіңірген еңбегін атап көрсетті. Көрнекті актердің өнегесі кейінгі толқын үшін де ескірмейтін үлкен мектеп. Кешегі алыптар тобының көзін көрген ардагер ағаның жолы да, жөні де бөлек.

Облыс әкімі бұдан кейін Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті ақын Мұхтар Шахановпен әңгімелесті.

Арқалы ақын өлең мен қарасөзді кезек толғап, ұлтқа деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын паш етті. Өтпелі кезеңнің алмағайып сәттерінде сындарлы оқиғалардың ортасында болған кезеңдерін еске түсірді. КСРО Жоғары кеңесіне Алматы облысынан депутаттыққа түскенін, жетісулықтардың оны ерекше қолдағанын тебірене әңгімеледі. Ұлтын сүю – Отанын сүюдің басты белгісі екендігін айтты. Өйткені анасын қадірлеген перзент барлық халықтың бауыры.

Әңгіме барысында облыс басшысы ақын шығармаларының кітап болып басылып шығуына уәде берді.

Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әйгілі әнші Нұрғали Нүсіпжанов халық шығармашылығындағы ұлттық бояуларды сапалы жаңғырту – бүгінгі толқынның басты міндеті екеніне тоқталды. Осылай деумен қатар, өзі туып-өскен Кербұлақ ауданында алма бақ өсіргенін тілге тиек етті. Соған қолдау көрсетсе деген ұсынысын алға тартты.

– Елбасымыз Астана маңын жасыл желекке айналдырды. Сол ну ормандардың арасымен жүрген сәтте бойыңды ерекше сезім билеп, шабытыңа шабыт қосылады. Сол сияқты, мен де туған жерімде алма бақ отырғызуды қолға алған болатынмын. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген жақсы сөз бар. Шамам келгенше, сол өсиетті орындап жүрген жайым бар, – деді Нұрғали аға.

Арнайы келген бұл сапарында облыс әкімі әдебиет пен өнер қайраткерлерінің ұсыныс-тілектері мен орамды ойларын ықыласпен тыңдап, руханият әлемінің көшбасында жүрген аға буынға зор денсаулық, шығармашылық табыс тіледі.

Алматы.

ФОРУМ

Тың мүмкіндіктер сараланды

Ел экономикасының күретамырына айналған жер жаннаты Жетісудың өндірістік әлеуеті жыл өткен сайын еселене түсуде. Оған инвестиция көлемінің ұлғая түсуі де өзіндік ықпалын тигізуде. Бұл жөнінде Талғар ауданындағы «Сегіз көл» демалыс паркінде өткен «Жетісу Инвест – 2016» – «Жібек жолын жаңғырту арқылы жаңа мүмкіндіктерге жол ашу» атты халықаралық инвестициялық форумда сөз болды. Алматы облысының әкімдігі ұйымдастырған бұл форумға әлеуетті инвесторлық компаниялар мен ұлттық компаниялардың, жергілікті атқарушы органдардың жалпы саны 400-ге таяу өкілі мен таяу және қиыр шетелдердің бизнес өкілдері қатысты. Шараның басты мақсаты – Алматы облысының инвестициялық тартымдылығына бизнес-қауымдастық пен халықаралық қаржы ұйымдарының назарын аудару.

Ұлбосын ИСАБЕК

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретін маңызы зор форумға облыс әкімі Амандық Баталов, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек, Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев, ҚР Инвестиция және даму вице-министрі Ерлан Хайыров қатысты. Форум жұмысы басталмас бұрын арнайы келген қонақтар Алматы облысының тауар өндірушілерінің арнайы жасақталған көрмесімен танысты.

– Құрметті достар, сіздермен «Жетісу Инвест – 2016» халықаралық форумында кездескеніме қуаныштымын! Өздеріңізге мәлім, Алматы облысы табиғи байлығымен, еңбекқор халқымен, ыңғайлы орналасуымен, жағымды инвестициялық жағдайымен ерекшеленеді, – деп пленарлық отырысқа қатысушыларға ризашылығын білдіре сөз бастаған облыс әкімі Амандық Баталов бұдан әрі инвестиция тартудағы оң нәтижелерді тарқатып өтті.

– Республика бойынша облысымыз инвестиция көлемі жағынан 2015 жылы 4-орыннан көрінді (490 млрд. теңге), 2014 жылғы деңгейді 37 млрд. теңгеге арттырдық (нақты көлем индексі 105,3 пайыз). 2015 жылы жалпы сомасы 34,7 млрд. теңге болатын 170 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Бұл өз кезегінде 3,6 мың жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етті. Биылғы жылы сомасы 94 млрд. теңге болатын 115 жоба қолға алынып, 4,4 мың жұмыс орнын құру жоспарланған. Барлығы 2016 жылдан 2020 жылға дейін жалпы құны 2 триллион теңгелік 443 жобаны жүзеге асыру, соның негізінде 23 мың жұмыс орнын құру межеленіп отыр, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Жалпы, Жетісу өңірінің географиялық жағынан қолайлы орналасуы заманауи технологияны қолдана отырып, сапалы да табиғи таза азық-түлік өнімдерімен 100 млн.-нан астам адамды қамтамасыз етуге қауқарлы екендігі де ерекше аталды. Сонымен қатар, облыс басшысы өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері туралы кеңінен баяндай келе, облыстың аграрлық-индустриалдық бағытын ескере отырып, ауылшаруашылығы өндірісін интенсивтендіру мен ауылшаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге мамандану негізгі бағыттар ретінде белгіленіп отырғанын айрықша атады. Облыста жүгері өндірісіне, тауарлы-сүт фермалары мен өңдеу кәсіпорындарын құруға, туризм саласына, әлеуметтік нысандарды салуға, оның ішінде мемлекеттік-жекеменшік сериктестік негізінде балабақшалар салуға, оған қоса жел және күн электр стансыларын салуға инвестиция тартуға резервтер барын тілге тиек етті.

(Соңы 2-бетте).



Суреттерді түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ, Д. ЕРОФЕЕВ..

ӨНЕР КӨГІНДЕ

Қазақтың «Алтынайы»

Алтай мен Атыраудың арасы, барлық қазақтың даласының тау-көлі күй шертіп, құстары сырнай тартып, қайың-бұталары би билеп тұрғандай. Қобыздың зарлы әуенін-дей күңіренеді кейде. Мұның барлығы мұнтаздай тап-таза өнерді қазақ бойына сіңіріп, атадан балаға мирас етіп қалдырды. Осындайда сән-салтанаты жарасқан киелі мекенде туып-өскеніңді мақтан тұтып, Аллаға сансыз шүкір етесің.



Мәулен ӘНЕРБАЙ

Қасиетті қазақ өнерін, қазақ биін мұхиттың арғы жағы мен бергі бетіне танытып, паш етіп жүрген өнер ұжымының бірі және бірегейі – «Алтынай» мемлекеттік би ансамблі. Әйгілі өнер зерттеуші, тарихшы-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтың ықпалымен өмірге келген өнер ұжымы бүгінде орда бұзар 30 жасқа толды. Қазір өнер ұжымы толағай табыстарға қол жеткізіп, әлем назарына ілігіп, қазақ биін биікке көтеріп келеді. Осынау қуаныштарымен бөлісіпек болған олар өнер жанашырлары мен қолдап, қошеметтейтін көрерменнің басын Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайындағы «Өнердің өрнегі – би» атты мерейтойда біріктірді. Тағатсыздана күткен кештің шымылдығын облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** ашып, жүрекжарды құттықтау сөзін арнады:

– Құрметті өнерсүйер қауым, бүгін біз «Алтынай» мемлекеттік би ансамблінің құрылғанына 30 жыл толуына арналған мерекелік шараның кәусі болып отырмыз. Бәріңізге мерейтой құтты болсын, жұлдыздарыңыз жана берсін. «Өнерсіз ел өрге баспайды» демекші, тек қана биіктен көрініп, қазақтың биін үлкен дәрежеге жеткізе беріңіздер, – дей келе, бастапқыда фольклорлық-этнографиялық би ансамблі болып құрылып, мемлекеттік би ансамблі дәрежесіне көтерілуі мен облыс, республикада ғана емес, бүгінгі таңда әлемдік дәрежеде өнер көрсетіп жүрген ұжымның дамуына атсалысқан тұлғаларға алғысын жеткізді.

Әрмен қарай марапаттау рәсімі орын алып, ансамбльдің әрбір мүшесінің жүзі жадырап сала берді. Мәдениет және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі төсбелгісі «Алтынай» мемлекеттік би ансамблінің әртістері Алтынай Күрішбаева, Әсел Орынханова және Ершат Шоқанаевқа тағылды. Бұдан бөлек министрлік және облыс әкімі тарапынан Алғыс хат пен Құрмет грамотасы бірнеше өнерпазға табысталды. Қуанышты қуаныш еселей облыс әкімінің арнайы сыйлығы пәтер кілті Тоғжан Есенәлиева, Қасымхан Тілеубергенов және Талдықорған әуендері фольклорлық-этнографиялық ансамблінің көркемдік жетекшісі Гүлнар Оспановаға тарту етілді. Өнер ұжымы да қалыс қалмай, Амандық Ғаббасұлына бейне естелік сыйлады. Осы орайда көрерменнің ыстық ықыласы мен құрметі әрбір соғылған шапалақ үнімен көңілге қуаныш сыйлады.

Жиналған қауым көркіне көз тоймас қылықты қыздар мен бойынан қазақы ерік-жігердің лебі есер ұлықты ұлдардың өнерін тамашалады. Әрбір қимыл тарих қойнауынан орын тепкен салт-дәстүріміз бен ұлттық болмысымыздан хабар беріп, көңілімізді көкке өрлетіп, рухани ләззат сыйлады. «Алтынай» сынды ансамбль барда қазақ биі өлмейді, керісінше, қазынаны өнер өрлейді, асқақтайды.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Талдықорған қаласында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Клиникалық медицинаның өзекті мәселелері» атты I Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиынға Израиль мен Ресей Федерациясы медицинасының білікті мамандары, отандық ғалымдар, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері қатысты. Конференцияны өткізудегі мақсат - «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асырып, халықтың денсаулығын нығайту барысындағы атқарылатын іс-шараларды пысықтау. Пленарлық отырыста негізінен кардиология, ми қан айналымының бұзылуы, онкология, жарақаттану, ана мен бала, жедел медициналық көмек көрсету мәселелері сөз болды.

САЛАУАТТЫ ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

Гүлжан ТҰРСЫН

Конференцияға облыс әкімінің орынбасары **Бақтияр ӨНЕРБАЕВ** пен облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы **Асқан БАЙДУВАЛИЕВ** қатысты.

Жиынның басында «Жетісу өңірінің денсаулығы» атты бейнефильм көрсетілді. Онда облыс көлеміндегі денсаулық сақтау саласы бойынша жаңалықтар мен жетістіктер, сонымен бірге саладағы өзекті мәселелер айтылды. Соңғы бес жылда облысқа 350 маман келген. Соның 150-і ауылдық жерлерде жұмыс істейді. Облыс әкімінің грантымен 82 студент дәріс алуда. Олардың біразы еңбекке араласып та кетті. Жұмысқа келген 375 жас маман баспанамен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, Талдықорғандағы медицина колледжіне жаңа құрал-жабдықтар сатып алынған. Қара жолдың бойында жол-көлік оқиғаларына көмек көрсететін 5 бекет бірнеше жылдан бері үздіксіз жұмыс жасауда. Сондай-ақ, шалғай ауылдардағы жағдайы ауыр науқастарды ауруханаларға жеткізу үшін авиамедицина қызмет көрсетеді. Бүгінгі таңда жиі кездесетін сырқаттың бірі – жамбас, тізе буын аурулары. Эндопротездік ота жасау жүйелі жүргізілуде. Ота жасату үшін Үкімет тарапынан қомақты қаржы бөлініп, квота берілуде. Мұның бәрі соңғы жылдардағы жаңалық пен жетістік.

Облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев медицина саласы қызметкерлерінің қызметкерліне шын жүректен ризашылығымды білдіремін, – деді ол.

Келесі кезекте облыстық кәсіподақтар орталығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әсет Қыдырманов шараға қатысушыларды мейрамдарымен құттықтады.

– Дүниежүзінде экономикалық дағдарыстың орын алуына байланысты үкіметтің тапсырмасымен 2015 жылдың наурыз айында еңбек құқықтарын қамтамасыз ету және қызметкерлердің құқықтарын қорғау, қызмет орындарын сақтау, қысқартпау мәселелері бойынша облыстық кәсіподақ орталығы қоғамдық бірлестігі басқарма, департаменттермен үшжақты меморандумға қол қойды. Нәтижесінде облыста заңсыз қысқарту жағдайлары болған жоқ, – деген Әсет Қыдырманов бұдан әрі өзі жетекшілік ететін мекеме жұмысы жөнінде баяндады.

Жиынның соңында Бақтияр Әлтайұлы бір топ кәсіподақ ұйымы қызметкеріне облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады. Облыстық кәсіподақтар орталығы қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Баян Ырысбекова, облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Асан Омашев облыс әкімінің Құрмет грамотасына, құрылыс кешені және тұрғын үй шаруашылығы салалық кәсіподағының облыстық филиалының төрағасы Шаймұрат Шаяхметов, облыстық пошта байланысы қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы Әлима Қыдырова облыс әкімінің Алғыс хатына ие болды.

Жемісті жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде облыстық кәсіподақ орталығы қоғамдық бірлестігі өткен жылды жақсы нәтижемен қорытындылапты. Олар алдағы уақытта да осы жетістікті жетілдіре бермек.

рін алда келе жатқан мерекемен құттықтап, ел үшін атқарып жатқан еңбектеріне жеміс тіледі. Конференцияға жиналған жұртшылық Ақтөбеде террорлық актінің салдарынан қаза болған азаматтарды бір минуттық үнсіздікпен еске алды. Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев пен Ресей университеті Медициналық институты госпитальды терапия кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымының докторы Павел Огурцов екеуі екіжақты әріптестік меморандумға қол қойды.

Бақтияр Әлтайұлы шалғайда тұратын ауыл халқына медициналық көмек көрсетудің өз дәрежесінде атқарылып келе жатқандығына тоқталды. Облыс тұрғындарының 73 пайызы ауылда тұрады. Бүгінде жер-жерлерде ФАП-тар көптеп ашылуда. Сондай-ақ, арнайы мамандар әлсін-әлсін амбулаторияларға барып, тұрғындарды скринингтік тексеруден өткізіп, флюорографиялық көмек көрсетеді. Иә, медицина сырқаттың алдын алуға барынша көңіл бөлуде. Бірақ, адамдардың өздері кей кездері тексерілуге немқұрайды қарап, жұқпаның алдын алатын екпеден бас тартады. Әлем бойынша тәжірибеден өткізілген алдын алу шаралары көптеген сырқатты ауыздықтауға негіз болуда. Бұл тұрғыдан алғанда деннің саулығының 80 пайызы адамның өмір сүру салтына байланысты екенін әлі де білмей жатқанымыз өкінішті.

(Соңы 2-бетте).

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Белсенділер марапатталды

Облыстық әкімдіктің кіші жиынжайында облыс әкімінің орынбасары Бақтияр ӨНЕРБАЕВТІҢ қатысуымен кәсіподақтар күніне орай осы саланың белсенді азаматтарын марапаттау шарасы өтті.

Қажет АНДАС

Салтанатта сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев кәсіподақ ұйымы жұмысының маңызына тоқталды.

– Қоғам дамуына байланысты кәсіподақ ұйымының маңызы уақыт өткен сайын артып келеді. Бұл ұйымның әлеуметтік мәселелерді, оның ішінде еңбек дауын шешуде ықпалы зор. Бұған қоса соңғы кездері жаңғырып, толықтырылып жатқан Еңбек кодексі секілді халыққа өте қажет заңдарды түсіндіруде де кәсіподақ ұйымдары үлкен белсенділік танытуда. Бүкіл дүниежүзі бойынша әлеуметтік мәселенің бірінші орында тұрғанын ескерсек, осы мәселемен тікелей айналысып, оның оң шешілуіне күш салып жүрген кәсіподақ ұйымының қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан кәсіподақ ұйымының көзге көрінбейтін жұмыстарымен ерінбей-жалықпай айналысып, оны төзімділікпен атқарып жүрген кәсіподақ ұйымының қызметкерлеріне шын жүректен ризашылығымды білдіремін, – деді ол.

Келесі кезекте облыстық кәсіподақтар орталығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әсет Қыдырманов шараға қатысушыларды мейрамдарымен құттықтады.

– Дүниежүзінде экономикалық дағдарыстың орын алуына байланысты үкіметтің тапсырмасымен 2015 жылдың наурыз айында еңбек құқықтарын қамтамасыз ету және қызметкерлердің құқықтарын қорғау, қызмет орындарын сақтау, қысқартпау мәселелері бойынша облыстық кәсіподақ орталығы қоғамдық бірлестігі басқарма, департаменттермен үшжақты меморандумға қол қойды. Нәтижесінде облыста заңсыз қысқарту жағдайлары болған жоқ, – деген Әсет Қыдырманов бұдан әрі өзі жетекшілік ететін мекеме жұмысы жөнінде баяндады.

Жиынның соңында Бақтияр Әлтайұлы бір топ кәсіподақ ұйымы қызметкеріне облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады. Облыстық кәсіподақтар орталығы қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Баян Ырысбекова, облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Асан Омашев облыс әкімінің Құрмет грамотасына, құрылыс кешені және тұрғын үй шаруашылығы салалық кәсіподағының облыстық филиалының төрағасы Шаймұрат Шаяхметов, облыстық пошта байланысы қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы Әлима Қыдырова облыс әкімінің Алғыс хатына ие болды.

Жемісті жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде облыстық кәсіподақ орталығы қоғамдық бірлестігі өткен жылды жақсы нәтижемен қорытындылапты. Олар алдағы уақытта да осы жетістікті жетілдіре бермек.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 69 (18201)
Сейсенбі, 21 маусым, 2016 жыл.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ



КЕЛІСІП ПІШКЕН тон келте болмас

Адамзатты асыраушы Жер-ананың қадірін біліп, күтіп-баптау мен оған иелік ету бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналуда. «Жері байдың елі бай» демекші, түгін тартса майы шығатын құнарлы Жетісу жері ежелден елдің құт-мекеніне айналған. Халқымыздың қазынасы – қара жерден несібесін теріп, ырыздығын айырып отырған шаруагерлер үшін жерді сату немесе жалға беру осы күннің өзекті мәселесіне айналғаны баршаға мәлім.

Ұлбосын ИСАБЕК

Осы тұрғыда еліміздің бірқатар өңірлерінде ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді жекешелендіру мен шетелдіктерге жалға беру мерзімін ұзартуға байланысты мәселе туындағаны белгілі. Мамыр айында Елбасы Н. Назарбаев заңның даулы баптарына мораторий жариялап, жер реформасын талқылау үшін Үкімет жанынан комиссия құрған. Өткен сенбіде құрамында Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері, саяси партиялар мен агробизнес, салалық қауымдастықтар өкілдері бар жер комиссиясының көшпелі отырысы Талғар ауданындағы ең ірі шаруашылық «Байсерке-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің базасында өтті. Оған облыстың барлық аудандарының шаруашылық иегерлері атсалысты. Көшпелі отырыс жұмысына облыс әкімі Амандық Баталов қатысты. Күн тәртібінде халқымыздың басты байлығы – жер реформасы сөз болған келелі жиынға Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев төрағалық етті.

– Біз бүгін Елбасының тапсырмасымен құрылған жер туралы комиссия мүшелері Алматы облысының жұртшылығымен жүздесіп, ой-пікір, ұсыныс-тілектерін тыңдау мақсатында бас қосып отырмыз. Бәрімізге аян, Жетісу – қазақ жерінің ең көркем, келісті аймағы саналады. Шаруаға жайлы, топырағы да құнарлы өлке. Комиссия мүшелерінің негізгі міндеттері жер заңнамасының нормаларына қатысты ұсыныстарды қарау болып табылады. Халық арасында түсіндіру жұмысын кеңінен жүргізу мақсатында ағымдағы жылдың 14 мамырынан бастап Gall-центр /1434/ қызмет етуде. Бүгінгі күнге дейін келіп түскен қоңыраулардың саны 9464-ке жетіп, оның ішінде жер телімдерін рәсімдеу, жалға алу, сату, сонымен қатар, үстіміздегі жылдың 6 мамырында ҚР Президентінің Жарлығымен нормаларға мораторий жариялауға қатысты қоңыраулар келіп түсуде. Келіп түскен ұсыныстар тіркеуге алынып, комиссия мүшелерінің қарауына енгізілуде. Бүгін осының төңірегінде ой бөлісуге келіп отырмыз. Осы бағытта ашық пікірталас жүргізіп, Алматы облысы жұртшылығының, шаруаларының ой-пікірлерін, ұсыныстарын тыңдамақпыз, – деген Б. Сағынтаев отырысты ұйымдастыруға ұйытқы болған облыс әкімі Амандық Ғаббасұлына алғысын білдірді.

– Ауылшаруашылық жерлерінің жалпы көлемі 24,3 млн. гектар, 2 млн. 100 мың гектар шабындық жерлер, 68,4 млн. гектар жайылымдық жерлер болып табылады. Бүгінгі күнге 99,5 млн. гектар жер немесе 98,7 пайызы ұзақ мерзімге жалға берілген ауылшаруашылық жерлері, тек қана 1,3 млн. гектар немесе 1,3 пайызы ғана жекеменшіктің иелігінде. Запастағы 83,2 млн. гектар ауылшаруашылық алқаптары бүгінгі күнге нарықтық айналымға тартылмаған, – деген ҚР Ауылшаруашылығы вице-министрі Е. Нысанбаев бұдан әрі жер реформаларының тарихына тоқталды.

– Соңғы 15 жылдық мәліметтерге қарасақ, топырақтың құнарлылық деңгейі едәуір төмендеген. Әсіресе, 1990 жылдан бастап топыраққа минералды және органикалық тыңайтқышты пайдалану көлемі кеміп кеткен. Нәтижесінде 31 млн. гектар жер эрозияға ұшыраған. Жерді тиімді пайдаланбаған жағдайда заңнамалармен қатаң шаралар қолданылатындығын атап өткім келеді – деді сөзінің соңында ол.

Көшпелі отырыста облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіров сөз алды.

– Алматы облысының жер қоры, 2015 жылдың қарашасында анықталғандай, 22 млн. 358 мың гектарды, оның ішінде ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер 8 млн. 632 мың гектарды құрайды. Облыста барлығы 61 мың шаруашылық жүргізуші субъектілер бар. Жер көлемі 8,6 млн. гектар. Оның ішінде меншік құқығындағы жер көлемі 547,6 мың гектар немесе 6,3 пайыз. Уақытша жер пайдалану құқығындағы жер көлемі 8 млн. 88 мың гектар немесе 93,7 пайыз, – деген облыс әкімінің орынбасары өңірдегі ауылшаруашылық жерлерінің жарамдылығы мен өнім өндірудегі жетістіктерін баяндап берді.

Бес сағатқа созылған алқалы жиында 70-тен астам адам жерге қатысты өз пікір-ұсыныстарын ашық білдірді. Облыстың барлық аудандарымен онлайн байланыс орнатылып, шаруашылық иегерлерінің пікірлері де тыңдалды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінде жер елдің игілігі үшін пайдалануы тиіс екендігі сөз болды. Ой-пікір білдірушілердің басым бөлігі жер жергілікті шаруаларға 49 жылға жалға берілуі тиіс деген ойларын ортаға салса, ал қалғаны мемлекет меншігінде болғаны дұрыс деп есептейді. Жермен жұмыс жасап отырған шаруагерлердің біраз бөлігі шетелдік технологияның тиімділігін тілге тиек ете келіп, жерді шетелдіктерге жалға беруден қорқақтауға еш негіз жоқтығын көлденең тартып жатты. Осы орайда, алғашқылардың бірі болып сөз алған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е. Келемсейіт жерді ұзақ мерзімге жалға беру мен демеу қаржымен ғана ұстап тұрудың қиындығын айта келіп, мол өнім өндіруде инвестицияның жолын ашу керек деген ойын білдірсе, Талғар ауданындағы «Айр-Шир» ЖШС-нің басшысы, аудандық мәслихат депутаты А. Сүлейменов өзі иелік ететін 3450 гектар жер аумағын шетелдік технологиямен игеріп отырғандығын, тіптен, онда шетелдік мамандардың еңбек ететіндігін сөз ете отырып, бізге жер жұмыс істеуі керек. Ол үшін жер жекеменшікке берілуі керек деген ұсынысын білдірді. Бұдан әрі жерге қатысты пікірлер де осы пайымда жалғасын тауып жатты.

Жиын соңында БАҚ өкілдеріне сұхбат берген ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев селекторлық жиында ой айтқандардың пікір саналуандылығын айта келіп, сөзін жалпы жер мәселесі әлі де екшеліп, көпшіліктің пікірі ескеріліп, толыққанды шешімін табатындығымен түйіндеді.

Жерді жалға беру мен жекешелендіру мәселесін талқыға салған жер комиссиясының келесі отырысына Елбасының Жарлығымен жаңадан тағайындалған ҚР Премьер-министрінің орынбасары, Ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметов төрағалық етпек.

Талғар ауданы.

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА



СОРТТЫ ТҰҚЫМ МОЛ ӨНІМ КЕПІЛІ

Талдықорған кешенді сорт сынау орталығында Қазақстан және Беларусь елдерінің ауылшаруашылығы мамандары бас қосып, тұқым сортын даярлау мен оны жерсіндіру және сынақтан өткізу төңірегіндегі ойларымен бөлісті. Өткен жылы Көкшетаудағы сорт сынау орталығының жұмысымен танысып қайтқан беларусьтық мамандардың биыл Жетісу жеріне келуі тегін емес.

Қажет АНДАС

Бүгінгі таңда Жетісу жерінде 13 сорт сынау орталығы жұмыс істейді. Соның алтауы Талдықорған өңіріне шоғырланса, қалғаны Қарасай, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарында орналасқан. Ал Талдықорған сорт сынау орталығында қант қызылшасы, бидай, соя, жүгері, картоп, күнбағыс, тағы да басқа ауылшаруашылық дақылдары сынақтан өтеді. Әсіресе, қант қызылшасы, майбұршақ, күнбағыс, жүгері, картоп, көкжылдық шөптерге басымдық беріледі. Кейінгі жылдары Жетісу жерінде қант қызылшасын егуге деген ұмтылыс пен құлшыныс көбейіп отыр. Осыған орай, аталған сорт сынау орталығында «Ауантаж», «Роксана», «Крокодил», «Рис» сияқты гектарына 700 не 800 центнерден өнім беретін қант қызылшасының сорттары сынақтан өтуде. Бұлар шетелдік тәжірибенің өнімі саналғанымен, қазірдің өзінде Жетісу өңіріне жерсіндіруге болатындығы белгілі болды. Осы орайда, аталған орталықта сыналған сорттар еліміздің әр түпкірінде егіліп, мол өнім беріп келе жатқанын қоса кету керек.

Егін шаруашылығындағы өнімділік ең алдымен жерге сіңіретін тұқым сортына тікелей қатысты. Оған мысалды алыстан іздеудің керегі жоқ. Өткен жылы облысымызда қант қызылшасы мол себіліп, ел еңбегі еселенді. Алайда, әр шаруашылықтың алған өнімі әртүрлі болды. Мысалы, «Хильниченко и К» шаруашылығы гектарына 730 центнерден өнім алса, өзгелер гектар бересекілігін 300 центнерден асыра алмады. Бұл жер емшегін емген диқанның үмітін сортты тұқым ақтайтынын ұғындырды. Сондықтан биыл жетісулық диқандар қант қызылшасын өндірудегі әлеуеті жоғары беларусьтық тәжірибеге қызығушылық танытуда. Әлемдік ауылшаруашылығы саласында Беларусь елінің тәжірибесі озық, ықпалы көп. Әсіресе, ол елдің қант қызылшасын өсірудегі тәжірибесін әлем жұрты меңгеруге құлшынып келеді. Мысалы, осыдан он жыл бұрын қант қызылшасы себілген суармалы жердің гектарынан 250 центнер өнім алатын беларустар бүгінгі таңда суарылмайтын жердің гектарынан 600 центнер өнім жинауда. Ал суармалы жер берекелілігін 800 центнерден асырды. Олардың осы тәжірибесін үйрену қазақстандық шаруалар үшін ауадай қажет.

Жетісу жұртының Беларусьтің ауылшаруашылығы саласымен іскерлік қарым-қатынас орнатқанына екі жылдан асыпты. Өткен жылы жетісулық делегация Беларусьқа барып, олардың тәжірибесімен бөлісіп қайтса, биыл сол елдің мамандары бізге келуде. Олар біздің сорт сынау орталығының жұмысымен жан-жақты танысу арқылы кейбір жетіспей жатқан жерлеріміз жайында тәжірибе алмасуды мақсат етіпті. Десе де, олардың бізден үйренетіндері де көп. Мамандардан білгеніміздей, Беларусь жерінде бидай жақсы өскенімен, одан алынған ұн нан пісіруге жарамайды екен. Бұл жағынан келгенде қазақстандық бидай сорты беларустарға таптырмайтын байлық. Сондай-ақ, елде сынақтан өткен «Арна» атты арпа сорты мен алманың бірнеше сорты Беларусь елінде сұраныска ие.

Шара аясында шетелдік делегация басшысы Беларусь Республикасының «Өсімдік сортын қорғау және сынау бойынша мемлекеттік инспекциясы» ММ-нің директоры Владимир Бейняның айтуынша, беларусьтық мамандарды өлкемізде сынақтан өткен жаңа тұқым сорттары өнімділігінің жоғары болғаны қызықтырған. Ал осы топты бастап жүрген ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі «Ауылшаруашылығы дақылдарының сорт сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы» ММ-нің төрағасы Талғат Ажғалиев екі ел арасындағы тәжірибе алмасудың еліміздің сорт сынау саласын одан ары дамытуға серпін беретініне сенім білдірді. Жалпы, облысымыздағы қолданыста ауылшаруашылық техникаларының дені Беларусь елінің өнімі. Тіпті, қызылша себетін техникалардың бәрін сол елден алып келеміз. Мұндай алыс-беріс, ауыс-күйіс алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Ескелді ауданы.

Облыстық мәслихат депутаттарының назарына

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес» VI шақырылған облыстық мәслихаттың кезекті V сессиясы Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, облыстық әкімдіктің ғимаратында 2016 жылғы **30 маусым** сағат **15.00**-де шақырылады.

Күн тәртібінде:

1. 2015 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы туралы Алматы облысы әкімдігінің жылдық есебін қарау.
2. Өзге мәселелер.

Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы

Үзінді

Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША

Ақбай Камария – үй шаруасында, Көксу ауданы
Валиева Нургуль Жоламановна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Дайырова Бубихан – үй шаруасында, Іле ауданы
Жотабаева Лаила Какетаевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Канлибаева Асель Акимбековна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Кекен Пәтігүл – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Кудайбердиева Назгуль Мусаевна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Маруа Нурайхан –үй шаруасында, Көксу ауданы
Мундашова Наргиза Юлдашовна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Мұқай Саражан – үй шаруасында, Текелі қаласы
Назарбаева Алия Муратовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Назаренко Надежда Георгиевна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Ниязанова Винера Имяржановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Сулейманова Мехрибан Алиевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Тукенова Гульжан Галимжановна – үй шаруасында, Көксу ауданы
Турсынбек Аидынгул – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Чокенова Альмира Бейсембаевна – үй шаруасында, Сарқан ауданы

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Абдикаримова Макпал Адилхановна – үй шаруасында, Көксу ауданы
Абдуллаева Кенжихан Абдуллаевна –үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Абуова Кенжегуль Жакановна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Айманова Кыздаржан Отеевна – үй шаруасында, Текелі қаласы
Алимбекова Гульжан Жылкыбаевна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Алимова Меруерт Жүсіпқызы – үй шаруасында, Талғар ауданы
Амиртаева Макпал Болатовна – орта мектеп мұғалімі, Жамбыл ауданы
Андакулова Маржан Жаксылыкбаевна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Аргымбаева Алмагул Нуржамановна – үй шаруасында, Ақсу ауданы
Асанбаева Айсулу – үй шаруасында, Іле ауданы
Ахаева Гульнур Козыбаевна – орта мектеп педагог дефектологы, Талдықорған қаласы
Әбдіхалық Керімхан – үй шаруасында, Ақсу ауданы
Әди Мағиза – үй шаруасында, Ақсу ауданы
Әлен Дібигүл – үй шаруасында, Текелі қаласы
Әлімбек Сағи – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Әшім Зәуре Нұрдәулетқызы – орта мектеп аспазшысы, Райымбек ауданы
Баймендиева Калбиби Тасбауовна – орта мектеп мұғалімі, Іле ауданы
Гүлсара – үй шаруасында, Текелі қаласы
Даулетбаева Назгуль Омаргазиевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Даутова Гульнара Исмаилжановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Елубаева Бейсенхан Кадыровна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Есебаева Зейпыш – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Жапбарбергенова Акмарал Советовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Закирияева Галя Кенжебаевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Зәкәрия Арзыгүл – үй шаруасында, Текелі қаласы
Зинзайева Савлиагул – үй шаруасында, Ақсу ауданы
Искандирова Эльмира Казакбаевна – орта мектеп мұғалімі, Панфилов ауданы
Кабылбаева Зауреш Бейсембаевна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Камшикан Нургул – үй шаруасында, Ақсу ауданы
Кашиева Гульмира Байбалақызы – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Кужикеева Назгуль Амангельдиновна – үй шаруасында, Текелі қаласы
Кусаинова Рысбала Мукановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Құрманбай Малиеу – үй шаруасында, Текелі қаласы
Лакбаева Мадина Султангазыкызы – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Мамырова Гулим Джунусовна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Муратбекова Акмарал Махатовна – үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Муширбекова Айнагул Каиыпжановна – үй шаруасында, Іле ауданы
Нүсіпәлді Шәйзат – үй шаруасында, Текелі қаласы
Оразбаева Гульшат Маметовна – үй шаруасында, Ақсу ауданы
Плотникова Лариса Васильевна – үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Пунәйпу – үй шаруасында, Текелі қаласы
Сабыр Гүлдәурен – үй шаруасында, Ақсу ауданы
Солтанаева Айжан Раджиевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Сопы Дарига – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Сугурбекова Мейрамгуль Абаевна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Токтагулбаева Айнагуль Абдрахимовна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Токтасынова Марал Сыдыкжановна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Тоқтахун Нұргүл – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Тугамбаева Динара Танрбергеновна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Туралыкова Алмагул Тураровна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Турашева Рая Сейткожаевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Удербекова Гаукар Апаргалиевна – үй шаруасында, Қаратал ауданы
Ултанбекова Айида Талипакыновна –үй шаруасында, Райымбек ауданы
Умбеталинова Райкуль Абдрахмановна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Чупринова Екатерина Сергеевна – үй шаруасында, Қаратал ауданы
Шәмен Зағила – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Шоңырақова Тоқжан Әділбекқызы – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Якупова Зульфия Дильмуратовна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2016 жылғы 27 мамыр
№ 270

АҚ ЖОЛ!

Тәуелсіздікке тарту

Адам өмірінде мәңгілік есте қалатын жүрек тебірентер сәттер жиі бола бермейді. Десе де, мектеп бітіріп, үлкен өмірге жолдама алған кезең ешқашан ұмытылмасы анық. Өткен жұманың кешінде Қарасай ауданында мектепті үздік бітірген 60 түлек осындай салтанатты шақты басынан кешірген еді.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

«Алтын белгі» иегері, 23 республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары және 12 үздік аттестат алғандар бар. Салтанатты жиынды дәстүр бойынша аудан әкімі Махаббат Бигелдиев ашып, өлкенің өнегесін арттырған түлектерді, олардың ұстаздарын тамаша нәтижелерімен құттықтады. Тәуелсіз мемлекетіміздің болашағы білімді жастардың қолында екенін еске салған Махаббат Садуақасұлы үлкен өмірге жолдама алған жас қыз-жігіттерге сәт сапар тілеп, оларға Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтарды табыс етті.

Тұңғыш Президент қоры атынан сөз алған Марат Қыстаубаев Алмалыбақ орта мектебінің директоры Сәуле Махамбетоваға, әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияның директоры Баян Сауранбаеваға, Абай атындағы мектеп-гимназияның директоры Тұрсын Сайбароваға және бірнеше түлекке мәртебелі қор атынан Құрмет грамоталарын табыстап, ақжарма тілектерін жеткізді. Бұл қуаныш оқушылар және ұстаздармен қатар ата-аналар үшін де ерекше екені түсінікті. Сондықтан ата-аналар атынан сөз алған Ғалымжан Телтаевтың жүрек тебірентер тілегі ешкімді бейжай қалдырмағаны анық. Ал алаңсыз білім алып, азамат болып жетулеріне жағдай туғызған Қазақстан атты Отанына, 11 жыл бойы алақандарына салып аялап, өмірге жолдама берген ұстаздары мен жарық дүниеге әкелген әке-аналарына алғысын білдіріп, елі мен жеріне адал қызмет ететіндіктеріне сенім білдірген Сәтбаев атындағы орта мектептің түлегі Алтынай Бажанова барлық жас түлектің жүрегіндегі ойды жеткізді деп ойлаймыз.

Аттестат алу кешінде дәстүрге айналған түлектердің вальсі бұл жолы да жалғасын тапты. Бұдан кейін мектеп бітірушілер, бәлкім соңғы рет, ұстаздарының алдында өз өнерлерін көрсетті. Салтанатқа жиналған жұртшылыққа арнап олар қимастық сезімге толы сағыныш әндерін орындап, мың бұрала би біледі. Бағдарламаны түлектердің орындауындағы «Қош бол, мектебім» әні қорытындылап, ашық аспанға болашаққа шарықтаудың символы ретінде түрлі түсті шарлар ұшырылды. Биыл ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толады. Осы орайда бір ауданнан 25 оқушының «Алтын белгі» иегері атануын қарасайлық түлектердің тәуелсіздікке тартуы деп те қабылдадық. Алдағы өмірлерінде де терең білімі мен еселі еңбегін еркін еліне арнай берсін деген ақжарма тілек тұрды санамызда.

Қарасай ауданы.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ



ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ мәселесі қаралды

Облыстық әкімдіктің кіші жиынжайында Қазақстан Республикасы Индустрия және даму министрлігі техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті мен «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік комитетінің Алматы облысы бойынша өткен филиалы ұйымдастырған техникалық реттеу мәселелері бойынша өңірлік штабтың кезекті отырысына облыс әкімінің орынбасары Серік ТҰРДАЛИЕВ арнайы қатысты.

Қажет АНДАС

Өнім өндірушілерге, сондай-ақ, бизнес-қауымдастықтарға техникалық реттеу мәселесі бойынша ақпараттық-түсіндіру сипатында көмек көрсету, республикамыздың ұлттық мүддесін ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясынан түскен құжаттардың шұғыл қаралуын қамтамасыз ету және олар бойынша ұсыныстар дайындауды мақсат еткен жиналыста жоғарыда аталған штабтың мүшелері, облыстық басқармалар мен департамент өкілдері, облыстық кәсіпкерлік палатасы және ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары да қатысты.

Шара аясында өңірлік штабтың төрағасы Серік Тұрдалиев Еуразиялық экономикалық одақ аумағында қолданысқа шығарылатын және қолданыстағы табиғи газ, өндірістік және тұрмыстық-коммуналдық пайдалану, сұйытылған, сондай-ақ, сұйық және газ тәрізді көмірсутектілерді тасымалдау үшін магистральді құбырларды одақ аумағында қолдану және орындау үшін бірыңғай талаптар белгіленгендігін айтып өтті. Ал Қазақстан Республикасы Индустрия және даму министрлігі техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің жетекшісі Абсамат Акимов және осы департаменттің бас маманы Гүлмира Әбдірасылова мен «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік комитеті Алматы облысы бойынша филиалының жетекші мамандары Мадина Жолдығұтова мен Жанар Сағадиева Еуразиялық экономикалық одақ техникалық регламенттерінің жобасы бойынша тасымалдау және пайдалану үшін дайындалатын табиғи газ отынының қауіпсіздігі және сұйық және газ тәріздес көмірсутектерді тасымалдау үшін магистральді құбырларға қойылатын талаптар туралы айтып өтті.

Соңында ұйымдастырушылар техникалық регламенттерінің жобасы бойынша тасымалдау және пайдалану үшін дайындалатын табиғи газдың қауіпсіздігі және сұйық және газ тәріздес көмірсутектерді тасымалдау үшін магистральді құбырларға қойылатын талаптарды стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың, ұлттық стандарттардың және мемлекеттік стандарттардың осы жылдың 1-ші шілдесінен бастап қолданысқа енетіндігі туралы айта келіп, Еуразиялық Экономикалық Одақтың талабына сай техникалық регламенттерді әзірлеудің жолдарын талдады.

СЕЛЕКТОР

Допинг дауын тиімді шешу тапсырылды

Түйткілдерді тиімді шешудің жолы ортақ сұхбат алаңын құру. Сол арқылы күн тәртібіндегі мәселелерді уақытылы шешуге мүмкіндік туғызу. Оның айқын көрінісі – жуырда Үкімет тағы селекторлық жиын өткізді. Ел Премьер-министрі Кәрім МӘСІМОВ төрағалық еткен жиынға Алматы қаласы мен облыс әкімдері қатысты.

Үкімет отырысында ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімов әуелі Рио Олимпиадасына баратын қазақстандық ауыр атлеттерге қатысты допинг дауы бойынша тиісті шараларды қабылдауға тапсырма берді. Бұған қоса бірінші кезекте жақсы зертхананы сатып алу үшін жеке демеушілерді тарту керектігін тапсырды. Әрі Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлына қаратып айтқан сөзінде: «Біздің және ресейлік спортшылар, сондай-ақ, жалпыолимпиадалық қозғалыс тұрғысында допинг дауы айналасында өте көп мәселе көтерілуде. Қазіргі кезде біздің команда Олимпиада ойындарына және басқа да ірі жарыстарға қатысуға дайындалуда. Сондықтан да, мен ҚР Ұлттық Олимпиадалық комитетіне, Құлыбаев мырзаға (ҰОК президенті Тимур Құлыбаев) тиісті өтінішті жолдағым келеді. Біз спортшыларымыз осы сынақтан лайықты деңгейде өтуі үшін барлық шараны істеуіміз керек», – деді Үкімет басшысы.

Бұдан әрі шара аясында жиын күн тәртібіндегі екінші мәселе – оңтүстіктегі егістікке қауіп төндіріп тұрған зиянкестермен күрес мәселесі де қаралды. Үкімет басшысы тиісті мекемелерге жұмысқа мықтап кірісу керектігін тапсырды. Ал осы өңірлердегі облыс әкімдері қазірге жағдайдың толық бақылауға алынғанын жеткізді.

Сонымен қатар, отырыста экономикалық өсім мәселесі де назардан тыс қалмады. Премьер-министр еліміздегі әр өлкенің мемлекеттік бағдарлама және индустриялдық жобалардың қазіргі жағдайымен танысты.

Бұл ретте бір айта кетер жайт, Үкімет басшысы жақын күндері іссапармен Алматы облысына келмек.

Қ. ӘБДІҒАПАР.

БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ

ШЕШЕНДІК САЙЫСЫНА ТҮСТІ

Бүгін – мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби мерекесі. Осыған орай өңірімізде алғаш рет мемлекеттік қызметкерлер арасында дебат турнирі өтті.

Құралбек СӘБИТОВ

Түрлі пікірталастарда кәсіби сөйлеу мәнері мен білімін, лайықты қабілетін ашып көрсету дағдылары қалыптасқан дебатшылар тобын жасақтау мақсатында мемлекеттік қызметшілер арасында дебат институтын дамыту қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі таңда өңірімізде 8076 мемлекеттік қызметкер бар. Соның ішінен аталмыш дебат турниріне 20 команда қатысып, 10 қазақ, 10 орыс топтары ойын көрсетті. Пікірсайыс қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыс бойынша департаменті жанынан консультативті кеңесші орган «Дебат академиясын» құру жоспарлануда. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыстық департаменті басшысының орынбасары Данияр Сабырбаев сайысты ашық деп жариялап, дебатшыларға сәттілік тіледі. Данияр Бауыржанұлы турнирдің мақсаты мен тәртібін де түсіндіріп өтті. Дебатты ұйымдастырушылар мұндай сайыстардың мемлекеттік қызметкерлер арасында шешен сөйлеп, болашақты бағдарлау жолында пайдасы мол екенін айтады.

Екі күнге жалғасатын пікірталас сайысының алғашқы күні жақтаушы және даттаушы болып екіге бөлінген шешендер ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының ақ-қарасын ажыратып, оның маңызын талқылады. Қазіргі күннің сыздауырына айналған сыбайлас жемқорлық өрқашан басты назарда. Дебатшылар өзекті мәселенің өршімеуі үшін ойларын ортаға салды. Жақтаушылар жемқорлықты жоюдың жаңа механизмдерін ұсынса, даттаушылар оны тиімсіз деп қабылдап басқа тәсілдерін қарастырды. Олар парақорлықтың қоғамға, жалпы жеке адамның өміріне тигізетін зиянын саралап, сыбайластықты қаралап шықты. Дебатшыларға әділ төрелік еткен қазылар алқасының төрағасы Қорлан Дәрменова бірінші күнгі сайысты қорытындылап, финалға өткен үміткерлердің есімін жариялады.

Келесі күнгі шешуші сөтке жолдама алғандар «Ел экономикасы мен мемлекеттік қызметкерлер арасындағы байланыс» тақырыбын талқылады. Білімін байқатып, біліктілігін көрсеткен сайыскерлер ақтық додаға алқынбай жетті. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер министрлігінің облыстық департаменті басшысы Серікбай Нұрғисаев жарысқа қатысушылардың талабына тәнті болып, сәттілік тіледі. Қазақ лигасындағы орақ тілді шешендік додасында Қаратал ауданынан келген «Қаратал қырандары» тобындағы бөлім басшысы Айбек Оңғаров пен Үштөбе қаласы әкімі аппаратының бас маманы Азамат Мұхтарұлы бірінші орынды иеленді. Орыс лигасынан даттаушы бағытта өнер көрсетіп, мемлекет қызметіне керекті ұсыныс тастай білген талдықорғандық атқамінерлер үздік спикер атанған аппарат басшысы Гаухар Шоқанова мен бөлім басшысы Мадияр Оразалиев алғашқы орындардан көрінді. Үздік спикер ретінде Үйғыр ауданынан келген ТҮКШ және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Талғат Сейдахметов марапатталды. Қатысушылар мен төрешілердің барлығына Алғыс хат табыстады. Қызметкерлерді кәсіби мерекелерімен құттықтаған Серікбай Өрікбайұлы аталмыш жоба осымен тоқтап қалмай, тоқсан сайын өткізілетінін тілге тиек етті. Тұрғындардың талап-тілегін қанағаттандыру үшін қалтқысыз қызмет ететін жандардың еңбегі қашанда елеулі.



Исі қазақтың кең сахарасы иекпен меңзегенге оңай, ат сабылтар болсаң сапардан жүрегің шайлығатындай ұлан-ғайыр. Ал тұмса табиғатын тілге тиек етер шежіреші табылса, таңды таңға соғары хақ. Ғажайып өлкенің бірі – Жоңғар-Алатауының кең аңғары, Бұрқанбұлақ тау шатқалы аңызға бай деседі кеудесі кенді жергілікті жандар. Әпсананның әлқиссасынан бұрын құтты қойнауға барудың басты мақсатын тілге тиек етсек.

ШЫҢҒА ТІГІЛГЕН ТУ

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, жастар ресурстық орталығы, «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастыруымен Бұрқанбұлақ тау шатқалының биік нүктесінде бейбіт елдің байрағы тігілді.

Көкпен таласқан шыңға тұғырымен тұрақтатқан Ту тігу шарасының басты мақсаты – жастардың патриоттық сезімін оятып, оларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Сондай-ақ, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырып, өр елдің өрендері арасындағы ынтымақты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру мен Алматы облысындағы туризмді дамытуға ықпал ету деп көзделген.

Ақиқатында, Табиғат-ананың құтты қойнында ұйымдастырылған шара жастардың ауызбірлігін нығайтып, көңілдерін көкжиекпен астастырғандай. Өйткені аталмыш мекеннің әр тасы тарихтан сыр ақтарғысы, зейін қойған зерделі өрендерге тіл қатқысы келетіндей. Әлқиссасын кейінге қалдырған аңыздың өзі тұмса табиғаттың тұрпатына таңдай қақтыра түсетіндей.

Шашақты найза қолға алып, ақ семсерін толғанып, жауын топшыдан сындырған Бұрқан батыр Жоңғар Алатауының осы тұсында тірлік еткен көрінеді. Жалғыз анасының атастырған аруынан бас тартып, ақ тілеуін құп алмай, аңсары ауған Қора аруды алып тыныпты. Тағдыр қосқан жарымен жарасымды ғұмыр кешкенімен де анасының ақ тілеуі орындалмағанына қапа болыпты. Алайда, анасы қанша жылап, батасын бермей жүргенімен де өмірден өтер тұсында екеуіне бақ тілеген деседі. Асқақ Алатаудың терiскей бетінен сарқырап аққан күркілдекті анасының көз жасы атап, жоғары тұсындағы сарқыраманы Бұрқанбұлақ, ал өзенді Қора деп кеткен. Алайда үшеуі де бір өзен болып қосылып аққанына қарап, аңыздың өзіндік бір шындығы бар деп білеміз. Дегенмен, астарға құрылған, ақиқаты тоналған аңыздардың көптігін ескеріп, бұл қаншалықты шындық екенін оқырманға дәп басып айтып бере алмаспыз.

Аңызы әр саққа кеткен, табиғаты тамсантқан аймақта ұйымдастырылған шара екі күнге созылды. Алғашқы күні «Жасыл ел» еңбек жасақтары мен «Жас Отан» ЖҚ-ның Туын биікке орнату рәсімі мен түрлі ойындар ұйымдастырылса, екінші күні «Алтыбақан», «Арқан тартыс» және теңбіл доп қызығына ұласты.

Жастар саясаты мәселелері басқармасының, «Жас Отан» жастар қанатының аула клубтарымен жұмыс істеп жүрген шаруашылық бөлімінің басшысы Мұратбек Балтабеков:

– Қасиетті қазақ даласының құтты қойнауының бірі, Бұрқанбұлақ тау шатқалындағы екі күнге созылған игі шара біз жоспарлағаннан әлдеқайда жақсы өтті. Мұнда келген жанның бәрі де шат көңілмен әр істің басы-қасында жүріп, ел мерекесіне бірдей атсалысты деп білемін. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына тарту еткен Көк Туымызды шыңға тігіп, ұлттық ойындар ойнатылып, жанымыз сергіп қалғандай, – дей келе мұндай игі шара ұжымның бірлігін арттырып, жастардың бір-біріне деген сенімін нығайтатынын тілге тиек етті.

Аңызға бай ғажайып аймақта өткен шараның соңы бұлақтың көзін ашумен аяқталды. Бұл да қазақы тағылымнан ауытқымай, тәмсілді танып, мәтелдің мәнісіне жеткен жосық сынды. Жалпы, Бұрқанбұлақ тау шатқалына барған елуге жуық жас өмірінің жарқын сәті болып есте қалатын қос күнді қуанышпен өткерді.



МАЛ ӨСІРСЕҢ ҚОЙ ӨСІР...

Қозыбай ҚҰРМАН

Бүгінгі таңда Мұсабек ауылдық округінде тек қана мал шаруашылығымен айналысатын қырық шаруа қожалығы бар. Солардың ішінде биылғы жылы мемлекеттік «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 7 миллион 240 мың теңге көлемінде төмен деңгейлі несие алып, шаруасын біржола дөңгеленткен «Дәулет» шаруа қожалығының орыны бір төбе. Олай дейтініміз, бұл ұжым қазіргі таңда өзіндегі 300 тұяқ қойды аталмыш бағдарлама аясында бір-ақ жылда 630 басқа дейін ұлғайтыпты. Сөйте тұра, бағымынан қиындық көрген олар жоқ: Балқаштан бері бұл ауылға таяу жайылған құмның бойы тебінді малға мұрты ойылмас шөптесін.

Осылайша, 100 бастан 105 қозыға дейін төл алған «Дәулет» шаруа қожалығы бүгінде қырқым науқанын сәтті аяқтаған. Нәтижесінде бір қойдан төрт келі мөлшерінде жүн алыпты. Ендігі кезекте дәрілеу кезеңі басталмақ. Бұған дейін бес адамды үздіксіз жұмыспен қамтып келе жатқан шаруа қожалық иесі Дәулетбаев Төлейхан бұл шараны да уақытымен тыңғылықты атқарып шығатынын айтады. Рас дерсіз, ащы еңбектің тәтті жемісі сол — Дәулетбаевтың қорасы қойлы, қотаны қоңды.

Қорасы қойлы демекші, біз сұрастыра бастағанымызда-ақ округ әкімі Самат Ихсанов осы округ бойынша отар-отар қой ұстаған малшы қатары көп екенін, бұл елді мекеннің орналасқан жерінің өте-мөте ұсақ малға қолайлы болып отырғанын айта келіп, 2145 ірі қара мен 761 бас жылқы ұстаған осы округте қазіргі күні тұп-тура 16 мың бас қой бар екенін жеткізді.

Енді кірісі мен шығысын шотқа қағып, айлық, жылдық өсіміне ден қойып отыратын малшылардың әдетімен сәл-пәл есеп-қисап жасап көрелік. Жаңағы он алты мыңдық көрсеткішті осындағы мал шаруашылығын негіз еткен 40 шаруа қожалыққа *(округте жалпы 101 шаруа қожалық бар)* бөлсеңіз, орта есеппен әрқайсысына 400 бас қойдан айналады. Тәп-тәуір нәтиже дейсіз. Тағы да есептеп көріңіз. Бұл округте 300 түтін бар. Енді елді мекеннің жалпы қой санын осы үй санына бөліп жіберсеңіз, әр отбасына 50 тұяқтан айнала кетеді. Демек, бұл ауылдың мал шаруашылығындағы, оның ішінде, қой өсіру бағытындағы шаруалары оң нәтиже беріп тұр деуге болады.

Мұндайда тағы бір көрнекі есепті айта кеткіміз келеді. Сондағы шопандардың аузынан естігеніміз бұл. Егерде бір қойды сатпай, соймай төлдетсе, (барлық төлі аналық есебінде өсіп-өрбісе) он жылда жүзге жетіп барады екен. Бұл өзі бағыдан қалған есеп дейді сондағы бақташылар. Бұдан атам қазақтың «Мал өсірсең, қой өсір — пайдасы оның көл-көсір» деген аталы сөзінің айна-қатесіз екенін бағамдайсыз.

Көксу ауданы.

Мемлекет басшысының бес институционалдық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасында мемлекеттік аппараттың жұмысын әділ бағалау мен аудит жүйесін енгізу қажеттігі көрсетілген. Сол қадамдарды табысты іске асыру мақсатында 2015 жылғы 12 қарашада жаңа «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң қабылданды.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ жұмысын бастады

Осы заңның аясында 2016 жылдың 15 қаңтарында Алматы облысы әкімінің шешімімен Алматы облысы әкімі аппаратының ішкі аудит қызметі құрылып, облыс әкімінің қаулысымен облыстық басқармалардағы ішкі бақылау қызметтерінің штаттық бірліктері және кейбір мүліктері теңгерімнен теңгерімге беру арқылы Алматы облысы әкімінің аппаратына қабылданып алынды. Сонымен қатар, ішкі аудит қызметі туралы Ереже, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары Алматы облысы әкімі аппаратының басшысымен бекітілді.

Ішкі аудит қызметін құру мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін көтереді, бюджет қаражатын тиімді пайдалану мен мемлекеттік активтерді басқарудың ашықтығын арттырады, қаржылық бұзушылықтардың жедел алдын алуға жәрдемдеседі, құқықтық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін факторларды жоюға ұсыныс береді.

Алматы облысы әкімі аппараты ішкі аудит қызметі 2016 жылға арналған ішкі аудит бойынша бекітілген жоспарға сәйкес 18 объектіге тақырыптық сұрақтар бойынша аудит іс-шараларын жүргізіп, облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровтың тапсырмасымен Қарасай, Іле аудандарындағы жекешелендіру құжаттарына және жалға берілген мүліктердің төлемі бойынша тексерістер жүргізілді.

Сонымен қатар, облыс әкімдігіне түскен арыз-шағымдарды қарастыру бойынша жұмыстарға өз құзыреті аясында белсенді қатысып келеді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті хатының негізінде облыс бойынша мемлекеттік сатып алуларға талдаулар жүргізілуде.

Е. АҒЫБАЕВ,
облыс әкімінің аппараты
ішкі аудит қызметінің бас маманы.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

Мұнда заманында қора-қора Шопанаата түлігі мыңғырып өсіпті. Бір ғана Мұсабек атындағы қой кеңшарының өзі алпыс-жетпіс мың қой өрістетіпті сол уақытта. Батысы тауға, солтүстігі құмға сұғынған, оты мол, суаты тұнық осы бір ұйық ұсақ малға таптырмас жер деседі. Біз ат басын тіреген Көксу ауданына қарасты Мұсабек ауылдық округі содан кейін де қорасы қойлы елді мекеннің бірі саналады.

Әлем тынысы

ӘКЕ КҮНІ



Бүкіл әлем 20 маусымды Халықаралық әке күні ретінде атап өтеді. Әке күнінде Үндістанның батысындағы Ахметабад қаласында жұмыс істейтін кәсіпкер Махеш Савани өзі өсірген 472 қызынан шын жүректен құттықтау алды.

Бұл – кәсіпкердің асыраған қыздары. Олар бұдан он шақты жыл бұрын әкесіз, панасыз қалып, Махештің қамқорлығына бөленген. Кәсіпкер өзінің ағасы қайтыс болғаннан кейін оның екі қызын да қамқорлығына алған еді. Содан бері жетімдерге көз қырын салып жүру – оның бұлжымас парызы. Ол қыздарға материалдық көмек берумен бірге тұрмысқа шығу тойларын өткізіп, отбасылық өмірлерін де назардан тыс қалдырмайды. Жылжымайтын мүлік пен бриллиант сатуда табысқа жетіп, бірнеше оқу орындарын қаржыландыратын Махеш Савани тым қарапайым. Оның әкесі Валлабхай кезінде Араб теңізі жағалауынан келіпті. Кәсіпкер қыздардың ұзату тойларына қомақты қаржы бөледі. Биылғы жылдың өзінде ол 216 қызын ұзатты.

МҰСЫЛМАНДАР САЛЫҚТАН БОСАТЫЛДЫ



Қасиетті Рамазан айына ерекше құрмет көрсеткен Германия канцлері Ангела Меркель мұсылман кәсіпкерлерді осы айда салықтан босату туралы Жарлыққа қол қойды. Ол конфессия өкілдерімен кездесуде бүкіл дінге ортақ баға беру керектігін айтты.

Мұндай қадам арқылы Германиядағы азық-түлік бағалары төмендеді. Еуропа еліндегі мұсылмандар ауызашар мен сәресідегі асқа түрлі тағамды енді бір ай бойы арзан бағада сатып алады. Салықтан босатылғандардың қатарында ислам нарығындағы инвесторлар, мұсылманшылықты ұстанатын барлық мейрамхана қожайындары бар. Сондай-ақ, канцлер өз сөзінде Германиядағы мұсылмандар ел Конституциясын құрметтейтін саналы азаматтар екенін ескерте кетті. Өткен жылғы Рамазанда Ангела Меркель Берлинде өткен мұсылман қауымның ауызашар кешіне қатысып, Еуропа халқын ислам дініне құрмет көрсетуге шақырған болатын.

БРАЗИЛИЯДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ДАҒДАРЫС



Бразилиядағы Рио-де-Жанейро штатының жергілікті билігі қаржылық төтенше жағдай жариялады. Аймақ әкімдігі әлемдік додаға қосымша ақша бөлуді сұрады. Ақша қарастырылмаса жазғы Олимпиада өтетін қаланың денсаулық сақтау, білім беру, қоғамдық көлік пен қауіпсіздік салалары күйреуі мүмкін.

Бразилияның бюджеті бүгінде бағасы құлдыраған мұнай өндірісіне толықтай тәуелді. Бірақ Ұлттық олимпиада комитеті қаржылық төтенше жағдай ойындардың өтуіне кедергі келтірмейтінін айтады. Себебі, халықаралық сайысқа қаражатты жекелеген инвесторлар құяды. «Қаржылық жағдайды түзету үшін қатаң шаралар қабылдау керек. Үкімет штатпен бірге қала жұмысындағы денсаулық сақтау жүйесі мен төртіпті қамтамасыз ету мәселерін шешуге жеткілікті көңіл бөлуі тиіс», – дейді Рио-де-Жанейро қаласының губернаторы Франсишку Дорнеллиш.

ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТІ ТАЛҚАНДАДЫ



Ислам әлемінде талай ғасырдың куәсі атанған тарихи ескерткіштерді қирату әрекеттері толастамай тұр. Жуырда Ирак мемлекетінде үш мыңжылдық тарихы бар Набу ғибадатханасының күлі көкке ұшты. Мұны істеп отырған – Аллаға ширк қосумен шектен тыс күресіп жүрген теріс ағымдағы содырлар.

«Ирак пен Левант» лаңкестік тобының мүшелері нысанды жарылыспен әрі бульдозермен қиратқан. Ғаламторда жарияланған бейнежазбада экстремистер Гизадағы Египет пирамидаларын жер бетінен жойып жібереміз деп сес көрсеткен. «Ирак пен Левант» лаңкестік тобы өткен жылдың мамырында Сирияның Пальмира қаласындағы көне ескерткіштерді қиратқан еді. Биыл наурыздың аяғында мемлекет жасағы бұл аумақты өз бақылауына кері қайтарған. Қазір ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралар тізіміне кірген көне жәдігерлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

ДОҢЫЗДЫҢ КӨЗІ



Қытай дәрігерлері доңыз жанарының ақ қабықшасын адамға салу операциясын жүзеге асырды. Биоинженерлік зерттеу нәтижесінде 70 науқастың жанарына нұр бітті. Қазір күрделі операцияны жасайтын кәсіпқой хирургтер саусақпен санарлық. Осыған байланысты бүгінде білікті мамандар даярланып жатыр.

Шэньчжэндегі шошқа фермасы енді еттен ғана пайда таппай, арам жануардың жанарын адамға салу үшін сата бастады. Әлемдегі соқыр жандардың бестен бір бөлігі Қытайда тұрады. Бұл – 8 миллион адам көруге зәру деген сөз. Науқастардың басым бөлігі шырышты қабаттың ауруына шалдығады екен. Олар үшін жалғыз үміт – көз ауыстыру. «Соңғы 10 жылда біздің компания осы саланы зерттеу мен жаңалық ашуға 1 миллиард юань жұмсады. Осы уақыт аралығында біз түрлі жануарларға зерттеу жүргіздік. Сиыр, қой, итке қарағанда доңыздың ақ қабықшасы құрамы жағынан адамдікіне өте ұқсас болып шықты», – дейді халықаралық көзді қалпына келтіру орталығының бас директоры Шао Чжэнкан.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 71 (18203)
Сенбі, 25 маусым, 2016 жыл.

Жақында «Айсер» қонақүйінде «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамы және «Зерде» білім орталығы» ЖШС-нің ұйымдастыруымен ауылдық округтердегі әкімдерге жергілікті өзін-өзі басқару жөнінде дәріс өткізілді.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ сабақтары

Бұл шараға барлығы 253 адам қатысады деп жоспарланған. Олар арнайы бес топқа бөлініпті. Соның нәтижесінде бүгінгі семинар-сабаққа алғашқы топ – Қаратал, Еңбекші, Балқаш аудандарының әкімдіктерінің қызметкерлері қатысты. Шараның түпкі мақсаты сол – Елбасының Ұлт жоспарындағы «100 нақты қадам» жобасын іске асыру.

Облыс әкімдігінің бас инспекторы Бағдат Ақылбековтың айтуынша, сабақ 15 маусымнан 2 шілдеге дейін жалғаспақ.

– Қазір өткізіліп жатқан семинар 3 күнге созылады. Алдағы уақыттарда бұл бастама пайдаға жарап, еліміздің дамуына үлкен үлес қосады деген сенімдемін, – дейді Бағдат Ақылбеков.

Қ. ӘБДІҒАПАР.

РЕСМИ САПАР

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов Жетісу өңірінің әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысу үшін облысымызға арнайы сапармен келді. Сапар барысында Үкімет басшысы Талдықорған қаласындағы бірқатар жаңа нысандарды аралап, облыстың инвестициялық әлеуетін зерделеді. Сондай-ақ, жетісулықтармен кездесу өткізіп, ел экономикасын өркендету мен өңір тұрғындарының әлеуметтік даму бағыттарын бағамдады.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ЖЕТІСТІГІ МОЛ ЖЕТІСУ

Өңірімізге арнайы ат басын бұрған Үкімет басшысы ресми сапарын алдымен Талдықорған қаласында жаңадан бой көтеріп келе жатқан Оңтүстік-Батыс тұрғын ауданынан бастады.

Жалпы бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық жай-күйі жан қуантарлықтай екені белгілі. Облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВТЫҢ** бастамасымен талай жұмыстар атқарылып, жүйелі іс өз жемісін беріп келеді. Киелі мекендегі көз тоқтатар ғимараттардың қатарын толықтыра түсіп, күннен-күнге қарқын алған құрылыс жұмыстарына тоқталған облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Әбдірайымов Үкімет басшысына Жетісудың жетістіктерін тізбелеп өтті.

Негізінде биыл мемлекеттік бюджеттен 4,75 млрд. теңге бөлініп, «Алматы – Талдықорған» магистральді газ құбыры тартылуда. Ал оның 210 шақырымының жұмысы бүгінгі таңға дейін атқарылған. Қалған бөлігі ағымдағы жылдың желтоқсан айына дейін толығымен тартылып бітеді деп көзделуде.

Талдықорған аймағын газдандыру жобасымен танысқан Үкімет басшысы облысымыздағы «Талдықорған», «Боралдай», «Қайрат», «Арна», «Қазыбек бек» сияқты 5 индустриалды аймаққа зер салды. Алдағы уақытта 594,9 гектар аумаққа жобаланған «Талдықорған» индустриалды аймағында бірінші кезекте 120 гектар жерге кәсіпорындар салынбақ. Оның инфрақұрылымына бюджеттен 3 млрд. теңге бөлінген. Осы қаражаттан 15 шақырымға су құбыры, 14 шақырымға кәріз жүйесі, 12 шақырымға автожол, 5 шақырымнан астам теміржол салынбақ.

Сондай-ақ, Елбасының «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында халықаралық, республикалық, өңірлік маңызы бар жолдар салынуда. Бүгінгі таңда облысымызда Алматы – Қорғас, Алматы – Бішкек, Батыс Еуропа – Батыс Қытай бағыттары бойынша жол төселу үстінде. Мұның өзі еліміз бен өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын биікке көтеретіні белгілі. Сондықтан да, Үкімет басшысы бұл мәселеге баса назар аударып, оң бағасын берді.

Келесі кезекте «Жаркент – Қорғас» аймақтық кешені жобасы талқыланды. Қазірдің өзінде Нұркент қалашығы әсем ғимараттарымен көз тартып, талай отбасының бақытты мекеніне айналды.

Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев Үкімет басшысына облыс орталығында бой көтеріп келе жатқан жаңа нысандар мен Оңтүстік-Батыс тұрғын ауданының толық жобасын таныстырды. Солардың қатарында 2016-2017 жылға жоспарланған Салтанат сарайы, драма театры, этноауыл сынды Талдықорғанды ажарландыра түсетін мәдени маңызы бар нысандар көрсетілді.

Премьер-Министр сүт өнімдерін өндіретін «Адал» акционерлік қоғамы мен «Дәулет Бекет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, «Жаркент крахмал зауыты», «MEAT PROCESSING AND SERVICE» «Сары-Бұлақ», «Creen Land Alatau» ЖШС шаруа қожалықтарының жұмысын көрсететін арнайы стендтермен де жан-жақты танысты.

Келесі кезекте Премьер-Министр жастарға қызмет көрсету орталығына ат басын бұрды. Орталық жастардың бірқатар өзекті мәселесін шешуге қызмет көрсету үшін құрылған. Негізгі мақсаты – Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ тапсырмаларын, өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, жастарды қолдау.

Жарық, іші кең, заманауи үлгімен салынған ғимаратқа ҚР Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов ат басын бұрды. Жастар орталығы екенін табалдырықтан аттай бергеннен-ақ байқауға болады. Оған білімді, талапты, талантты, өмірге деген жеке көзқарасы бар облыстағы жасампаз жігіттер мен қыздардың құрметті қонақтарды қарсы алғаны дәлел. Айта кетейік, Жастарға қызмет көрсету орталығын «Ж-Строй-Инвест» ЖШС салған. Жобаның жалпы құны 1006 млн. теңге. Ғимарат екі қабатты. Мұнда «Жасыл ел» мен студенттердің құрылыс жасағының облыстық штабтары орналасқан. Орталық жастар мәселелерін шешуде сервистік көмек көрсетеді. Атап айтқанда, жастарды оқытуда, еңбекке орналастыруда, жастар бастамаларын қолдауда ең үлкен олжа болмақ.

Бүгінде облысымызда 521 мыңнан астам жас бар. Оларға жан-жақты қызмет көрсету үшін 20 жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Жастарды жұмыспен қамтып, облыстағы жұмыссыздық санын азайтуда жақсы нәтиже бар. Өткен жылы облыс көлемінде Жеңістің 70 жылдығына арнап «Жеңіс балын», биыл Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнап «Тәуелсіздік балын» өткізді. «Біздің міндетіміз – мемлекеттік бағдарламалар бойынша жастарға кеңінен кеңес беру. Сол арқылы жастарды жұмыспен қамтып, еліміздің өсіп-өркендеуіне жұмыла атсалысу. Орталыққа кез келген жас келіп, өзінің қалауымен интернет кітапханаларын қолдана алады. Сонымен қатар, бізде жастарға арналған жеке интернет журналы да бар. Бүгінгі таңда ғаламтор желісіндегі жастар парақшаларына тіркелген 120 мың жас бар. Жастардың басым көпшілігі ғаламторды кеңінен пайдаланғандықтан біз ғаламтор арқылы да жұмыс істейміз. Жетістіктеріміз де жаман емес», – деді жастарға қызмет көрсету орталығының жұмысын Үкімет басшысына таныстырған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев.

Үкімет басшысы Кәрім Қажымқанұлымен кездесу кезінде жас депутаттар, мұғалімдер, ғалымдар, дәрігерлер, спортшылар, кәсіпкерлер, журналистер мен студенттер жұмыспен қамтудың, тұрғын үймен қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін талқылап, жастар кәсіпкерлігін қолдау жағын да көтерді. Кәрім Мәсімов Алматы облысының жастар саясатын жүзеге асырудағы табыстарына өз ризашылығын білдірді.

Бұдан соң Үкімет басшысы Оқушылар сарайына ат басын бұрды. Жаңа құрылыс нысанымен мұқият танысқан соң Премьер-Министр ондағы үлкен концерт залында облыс жұртшылығымен кездесу өткізді. Іс-шараға бірқатар мемлекеттік органдар мен Ұлттық компаниялардың басшылары да қатысты.

Әуелі Үкімет басшысы кездесуге қатысушыларды Қазақстанда 23 маусымда атап өтілетін Полиция және Мемлекеттік қызметкерлер күнімен құттықтады. Өз кезегінде өңір әкімі Амандық Баталов облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижелері мен болашақта атқарылатын жұмыстар туралы мәлімдеді. «Елбасының алдымызға қойған міндеттерін, мемлекеттік бағдарламаларды, дағдарысқа қарсы іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру нәтижесінде облысымызда әлеуметтік-экономикалық дамудың оң серпіні қамтамасыз етілді», – деді өңір әкімі.

Мұнан соң Ұлттық экономика вице-министрі Роман Скляр, Ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметов, Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі басқармасының төрағасы Ерболат Досаев, Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов облысқа қатысты қолға алынып жатқан ілкімді істер мен алдағы жоспарлар жайына тоқталды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, республикада бюджеттік өсім бойынша алдыңғы қатарда тұрған Алматы облысына алдағы уақытта республикалық бюджеттен 144 млрд. теңге көлеміндегі қомақты қаржы қарастырылыпты. Қазірге дейін оның 50 млрд. теңгесі бөлініп, жалпы қаржының облыстағы игерілу көрсеткіші 98 пайызға жетіпті.

Құнарлы да құйқалы Жетісу жері аталса, өңірдің төл өнімі – қант қызылшасы жайына тоқталмау мүмкін емес. Кеңес дәуірінде 26 мың гектар аумаққа дейін тәтті түбір егіп, дәурені жүрген облыс бүгінде сол мақсатта табысты жұмыстар атқаруда. Соны бағамдаған Премьер-Министр жүгері, қант қызылшасы егілетін алқапты ұлғайтуға мән беру қажеттігін, Алматы облысы үшін суармалы алқапты кеңейту негізгі міндет екенін атап айтты. Қажет болса бұл мақсатта жеке бағдарлама жасап, қаржы бөлетіндерін, өйткені Алматы облысы жерінің әлеуеті мол екенін жеткізді. Сондай-ақ, К. Мәсімов облыс әкімдігінің алдында тұрған маңызды шаруаның бірі – Ақсу қант зауытын қалпына келтіруді тездету қажеттігін айтып өтті.

– Бүгін жемісті күн болды, маңызды мәселелер айтылды. Жауапты тұлғаларға бүгін көтерілген бірде-бір мәселенің қалыс қалмауын тапсырамын. Осында отырған адамдар сол шешімдердің салмағын сезіне білуі тиіс. Мемлекет басшысы бізге осыны тапсырды, – деді Үкімет басшысы.

Талдықорған – жас қала. Сол себепті де бүгінде облыс орталығында жастар мәселесіне айрықша көңіл бөлінуде. Жиын барысында бұл жайт та Премьер-Министрдің назарынан тыс қалмады. Іс-шара барысында жастар белсенділерімен кездескенін тілге тиек еткен ол: «Олардың бәрі ел тәуелсіздігінің құрдастары. Олар мүлде басқа адамдар – ашық, еркін, сауатты, қазақ, орыс, ағылшын және басқа тілдерде жетік сөйлейді. Бұл бізді қуантады», – деген сүйінішін білдірді.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ,
Еңлік САҒЫНДЫҚОВА,
Қозыбай ҚҰРМАН.

МИНИСТР ЕЛ ІШІНДЕ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, Ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметов жұмыс сапарының екінші күні Көксу ауданындағы бірнеше нысанды аралады. Сол барыста жұмыскерлермен пікірлесіп, ауыл-аймақтың жағдайымен танысып, елді мекенді дамыту мен өркендетудің жаңа бағыттарын бағамдады.



ӨНІМ САПАСЫ – өзекті мәселе

Қажет АНДАС

Министр ең алдымен «Көксу қант зауыты» ЖШС-не бас сұқты. Астанадан келген қонақты зауыт кіреберісінен аудан әкімі Ғалым Тоқпейісов бастаған көксулықтар қарсы алып, зауыттың өндірістік және қосалқы цехтарын аралатып, өнім шығару мүмкіндігімен таныстырды. Расында, кейінгі жылдары облысымызда қант қызылшасын өсіру қауырт қолға алынып, қарқынды жобалардың атқарылып жатқаны анық. Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Сексенбай Бекішевтің айтуынша, облыс тұрғындары жылына 136 мың тоннаға жуық қант тұтынады. Бүгінде оның 22 пайызын «Көксу қант зауыты» ЖШС өндіруде. Аталған зауыт өткен жылы 120 мың тонна қант қызылшасын өңдеп, 12 мың тонна қант алса, биыл шикізат көлемін 220 мың тоннаға жеткізіп, 25 мың тонна қант алуды межелеп отыр. Оларды Алакөл, Аксу, Сарқан, Ескелді, Қаратал, Көксу аудандары мен Қапшағай және Талдықорған қалаларының еңбеккерлері шикізатпен қамтамасыз етеді. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде қант зауыты бюджетке 17 миллион теңге салық төлеп, өңдеу маусымы басталғанда 500-ге жуық адамды жұмыспен қамтыды. Зауыттың осындай мүмкіндігін бағамдаған министр алдағы жұмыс жоспарына зер салып, көпшілікті ел игілігі үшін ерінбей еңбек етуге шақырды.

Келесі кезекте алқалы топ Балпық би кентінен шыға берісте жаңадан салынып жатқан 400 басқа арналған тауарлы сүт фермасының келешек жоспарымен танысты. Инвестициялық жоба негізінде салынып жатқан ферманы мемлекет және жекеменшік әріптестігі аясында «ТәуелсіздікАгро» өндірістік кооперативі жүзеге асыруда. Жалпы төрт жүз бастан астам сүтті бағыттағы ірі қараны қолда бағып, сүт өнімділігін арттыруға серпін беретін жоба пайдалануға берілгенде 25 адамды жұмыспен қамтитын болады. Сондай-ақ, жылына 2600 тоннаға жуық сүт өндіріп, асыл тұқымды мал басын 50 бұзауға көбейтіп отырады. Бұл өз кезегінде облыс тұрғындарын таза сүтпен қамтамасыз ету мен етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара санын арттыру жоспарын орындауға көмектеседі.

Ал Ербол Тоқтағұлов басшылық ететін «Уыз Май Industry» ЖШС-нің жетістігі мен кемшілікті тұстары министрдің назарынан қағыс қалмады. Әрине, жылына 40,0 мың тоннаға дейін майбұршақ шикізатын өңдейтін, 100 адамды жұмыспен қамтып отырған зауыттың өнімділігі жаман емес. Олар 3 ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыру арқылы 2017 жылы сұйық май өндіруге қол жеткізсе, 2018 жылы томат шығаруды көздеп отыр. Өңір басшыларынан білгеніміздей, облысымызда осындай 4 зауыт бар. Өкінішке қарай, олар өндірген өнім бүгінгі таңда өңір тұрғындарының күнжара, уыз майға деген қажеттілігін толық өтеуге қауқарсыз. Министр осы мәселеге баса назар аударып, облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпировке майбұршақ шикізатын қайта өңдеуді дамытудың Жетісу өңіріне үйлесімді жолын қарастырып, оны өркендетудің тиімді жобасын әзірлеуді тапсырды. Бұл жобаның Үкімет отырысында қаралып, ойдағыдай жүзеге асуына көмектесетінін жеткізді.

Осыдан кейін министр «Қайрат» шаруа қожалығына ат басын тіреді. Бидай, қант қызылшасы, мал азығы дақылдарын, ет, сүт, жүн өндірумен айналысатын шаруашылықтың тынысы кең, тіршілігі жақсы екен. 25 адамды жұмыспен қамтып отырған шаруашылық сауын сиыр, саулық қой өсіріп табысын еселесе, 470 басқа лайықталған мал бордақылау алаңы арқылы тұрғындарды етпен қамтамасыз етіп келеді. Өткен жылы 597 бас бұқа бордақыланып, тұрғындарды 131,3 тонна сапалы етпен қамтамасыз етіпті. Сондай-ақ, оның иелігіндегі тауарлы сүт фермасы жыл сайын 600 тоннаға дейін сүт өндіреді. Былтыр 20 гектар жерге қант қызылшасын егіп, 1200 тонна өнім алса, биыл оның көлемін 60 гектарға жеткізіп, 2100 тонна өнім алуды жоспарлауда. Ел экономикасын өркендетуге осындай сүбелі үлес қосып отырған шаруаның еңбеккерлігін жоғары бағалаған министр табыс биігінен көрінуін тіледі.

Осылайша, Асқар Исабекұлы өзінің жұмыс күнін өңірді өркендетіп отырған нысандармен танысуға арнап, өнім сапасына айрықша мән берді. Сондай-ақ, өңір басшыларына жоғары талапқа сай жүйелі жұмыс істеуді айрықша міндеттеді.

Көксу ауданы.

ПОЛИЦИЯ КҮНІ

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

Тәртіп сақшыларының төл мерекесі – Полиция күнінің құрметіне Талдықорған қаласындағы «Жастар» саябағында салтанатты жиын өтті. Жылына бір келер айтулы күнде ақ тілектер ағылып, белсенді қызметкерлер марапатталды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Облыстық ішкі істер департаментінің ұйымдастыруымен өткен шараға ішкі істер органдарының басшылары, ардагерлері, жеке құрамы және қызмет бабында қаза тапқандардың туыс-туғандары қатысты. «Құрметті ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ардагерлері, сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Осы мереке күні әрқайсыңыз таңдаған мамандықтарыңыздың қоғамдық маңыздылығын сезініп, мақтан тұтасыздар. Полиция қызметкерлері өздеріне жүктелген жауапты міндетті абыроймен атқаруда. Сіздердің әрқайсыңыздың өздеріңіздің кәсіби және азаматтық борыштарыңызды адал өтеуге әруақытта да дайын екендеріңізге сенімдімін», – деп лебізін білдірген облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ тәртіп сақшылары жұмысының маңыздылығын сөз етіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған жергілікті полиция қызметінің құқықбұзушылықты тежеу жолында аянбай тер төгіп жүргендерін тілге тиек етті. Шара барысында облыс басшысы ішкі істер мекемелерінің техникалық базасын нығайту мақсатында 25 жаңа автокөлік пен бірнеше адамға пәтер кілтін табыс етті.

Әрмен қарай марапаттау рәсімі орын алып, құқық қорғау саласында қызметін адал атқарып, жақсы нәтижелерге қол жеткізген бірқатар тәртіп сақшылары Амандық Ғаббасұлының Құрмет грамотасына ие болды. Осы салада талмай еңбек етіп жүрген өзге де қызметкерлерге шен беріліп, арнайы Алғыс хаттар табысталды. Өз кезегінде, ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға қосқан үлкен үлесі үшін облыс әкімі Амандық Баталов ішкі істер органдарының «Ардагер» медалімен марапатталды.

Қуанышты еселей түскен облыстық ішкі істер департаментінің басшысы, генерал-майор Мұрат Ұрымханов «Халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау жолында жан тапсырған әріптестеріме және олардың барша туыстарына басымды иемін. Олардың құрметіне ІІД-нің ауласына ескерткіш тақта орнатылып, есімдері жазылды. Уақыт өткен сайын оларға деген құрметіміз артып, есімдерін мәңгілік жүрегімізде сақтаймыз», – дей келе жас қызметкерлерге тәрбие беруде өз үлестерін қосып жүрген ардагерлерге ерекше алғыс айтты.

Салтанатты жиын концерттік бағдарламамен жалғасын тауып, оған өнер жұлдыздары Жолбарыс Сейфуллин, Медеу Арынбаев, «Нұрмұқасан» тобы және басқа да өнерпаздар ән шашуларын шашып, жиналғандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар Рамазан айына дөп келген мерекеге орай «Иман» мешітінде 400-ден астам адамға ауызашар беріліп, лебіздерге құлақ түрілді.



ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

Ақордада Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ қатысуымен «Қазақстан Республикасының Индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы: 2016 жылдың I жартыжылдық қорытындысы» атты кеңес өтті. Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек министрлік тарапынан атқарылған игілікті істерден хабардар етіп, алдағы міндеттердің ауқымдылығын баяндады. Сондай-ақ, онлайн режимінде өткен телекөпір арқылы жаңа индустриалды және инфрақұрылымдық бірнеше нысан іске қосылды.

УАҚЫТ ТАЛАБЫМЕН ҮЙЛЕСКЕН

Қажет АНДАС

Телекөпірде бірінші болып сөз алған Елбасы индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының бірінші бесжылдық жоспарының нәтижелі аяқталғанын айта келіп, алдағы кезеңдердің маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, аталмыш бағдарламаның дағдарыс жағаласкан қиын жағдайдан қиналмай шығуға жол ашатынын атап өтті. Осыдан кейін баяндама оқыған жаңа министр индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының арқасында ел халқының табысы артып, жұмыссыздық деңгейі төмендегенін, өнеркәсіпте қосымша жаңа жұмыс орындары құрылғанын нақты айтып берді. Сондай-ақ, екінші бесжылдықта іске асыру жоспарланған жобалардың ауқымдылығын да жеткізді. Сонымен бірге индустрияландыру картасының және «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасының жобаларын жүзеге асыру экономиканың өндеу секторын сапалы жаңа деңгейге көтеруге және әлемдік стандарттарға сай, ұтымды көлік-логистикалық инфрақұрылымдарын құруға мүмкіндік беретіндігіне сенім білдірді.

Мемлекеттік деңгейде атқарылып жатқан шаралар мен өңірлердегі жетістіктерден толық хабар алған Елбасы бірінші бесжылдық кезінде қомақты шетелдік инвестиция тартылып, оның дені елді индустриалды-инновациялық дамыту бағдарламасына тиесілі болғанын айта келіп, индустрияландырудың екінші бесжылдығы бұрынғыдан да нақтырақ көрініске ие болатынына тоқталды. Әсіресе, бағдарлама аясында осыған дейін мұнай өңдеу және металлургия кешені, тамақ және химия өнеркәсібі, өнеркәсіптік жабдықтар және құрылыс материалдары өндірісін дамытуға барынша назар аударылып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ, онлайн режимінде өткен телекөпір барысында республика бойынша телекөпір форматындағы кеңес аясында 8 нысан іске қосылып, индустрияландыру нәтижесінде әлеуметтік дамуын нығайтқан 3 өңірдің тәжірибесі таныстырылды. Олардың экономикалық мүмкіндігі мен әлеуетін тыңдап, болашағын саралаған Мемлекет басшысы аталмыш нысандарды іске қосып, алдағы табыстарына сәттілік тіледі. Сонымен қатар, тікелей байланыс арқылы өңір тұрғындарымен тілдесіп, олардың жаңа Қазақстанды құруға құлшына еңбек етуін тапсырды.

Жиналыс барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев индустрияландыруды «Қазақстан – 2050» Стратегиясының басты мақсаттарына жетуге бағытталған бүкіл мемлекеттік саясаттың өзегі ретінде атады. Әсіресе, Қазақстан үшін түбегейлі жаңа – мұнай-газ химиясы, автомобиль құрастыру және тағы басқа өнеркәсіп салаларын құру мен дамытудың маңыздылығына тоқтала келіп, тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдарының өндірісі, машина жасау сияқты секторларда отандық бизнесті дамытып, бәсекеге қабілетті өнім жасау және сыртқы нарықтарға шығу үшін зор әлеует бар екенін атап көрсетті. Ал екінші бесжылдықта Президент еліміздің автокөлік жолдарының сапасы мен оны күтіп ұстауға бағытталған шаралар аясында жол құрылысына, инфрақұрылымға қыруар қаржы салынып жатқанын, мамандардың даярлықтан өтіп жатқанын айта келіп, жол сапасына мұқият қарау керектігін тапсырды. Шикізат өнеркәсібі мен өңдеу саласы және орта, шағын бизнесті дамытудың жолдарын қарастырып, тың нәтижелерге жетуге жұртты шабыттандырды. Азық-түлік қауіпсіздігі мен тұрғындарды баспанамен қамту мәселесі және шағын несие беру жағындағы келеңсіздіктерді көрсетіп, оны шешудің жолдарын ұсынды.

Тағы бір айта кетерлігі, Елбасы Үкіметке экономика өсімі қарқынының төмендеуіне жол бермеуді тапсырды. Телекөпірде Елбасы қазақстандық жастардың арасынан жаңа «әмбебап» адамдарды, ғалымдарды және өнертапқыштарды іздеуге шақырды. Мемлекет басшысы Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан тарихында болмаған медициналық және білім беру мекемелерінің салынғанын да атап өтті. Бұл тұрғыдан келгенде оларға Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін енгізіп, еліміздің білім беру сапасын әлемдік деңгейге көтеру қажеттілігін тапсырды. Бұдан бөлек, Елбасы пайдалануға берілген және іске қосылатын өндірістердің барлығы жоспарланған қуатына көшуі үшін барлық облыстардың әкімдері мен Үкімет бірлесе жұмыс атқаруы керектігін жүктеді.

Соңында Елбасы телекөпірге қатысқан көпшілікке дағдарыс салдарынан туындаған келеңсіздікті өндіріс өнімділігінің арттыру мен экономиканы дамыту арқылы еңсеру керектігін міндеттей келіп:

– Биылғы жылы елімізде 120 ірі өндіріс іске қосылатын болады. Ол өз кезегінде ағайындарды жұмыспен қамтып, жоғары жалақы алуына мүмкіндік береді. Сондықтан жаңа жобаларды іске қосып, экономиканы әртараптандыру үшін жаңа индустриалды даму бағдарламасына өзгеріс енгізіп, ел әлеуетін еселеуіміз керек. Әрине, қазіргі әлемді қандай сынақтар күтіп тұрғанын болжау мүмкін емес. Десе де, біз туындауы мүмкін тосын жағдайға алдын ала шара қолданатын елміз. Сондықтан өткен жылы бес институционалды реформа арқылы «100 нақты қадамды» орындауды мақсат еттік. Сондай-ақ, қосымша серпін беретін экономикамыз бар. «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды даму бағдарламасын іске асыру келешекте еліміздің бәсекеге сай болып, халықтың әл-ауқатын өсіруге жұмыс істейді, – деп жиналысты қорытындылады.

ЖУРНАЛИСТЕРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Еліміздің ақпараттық кеңістігінде ерен еңбек етіп, қоғам дамуына үлес қосып жүрген журналистер қауымы жылда маусым айының 28-і күні қуанышқа кенеліп, марапаттарға ие болады. Биыл да сол үрдіс жалғасын тауып, тілшілер қауымы жұртшылық құрметіне бөленуде. Мереке құрметіне облыс прокуроры Ғабит МИРАЗОВ өңірдегі бұқаралық ақпарат құралдарының жетекші мамандарын жинап, ашық әңгіме-дүкен құрды.



БҮКПЕСІЗ ӘҢГІМЕ

Мәди АЛЖАНБАЙ

Алдымен арнайы шақырылған тілшілер қауымына сый-сияпат жасап ілтипатын білдірген облыс прокуроры қоғамдағы келеңсіз әдеттердің алдын алудың маңыздылығын, ел өркендеуіне кедергі келтіретін заңсыздықтарды құрықтаудың жайын әңгімелей келе Ақтөбедегі лаңкестік оқиғасына тоқталды. Дәл Рамазан айы кірер тұста бой көрсеткен лаңкестік әрекетті болашақта болдырмау жайы тілге тиек болып, осындай теріс пиғылды ағымдардың зияндылығын халық санасына сіңіруге ақпарат мамандарының қосар үлесі көптеген мысалдармен сараланды. Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күніне орай прокуратура саласында ұзақ жылдар бойы талмай еңбек еткен Әбдікәжым Рысдәулетов бас прокуратураның III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапатталды. Медальді марапат иесінің кеудесіне қадаған облыс прокуроры Ғабит Төреұлы Ақсу, Қаратал, Ескелді аудандары мен Текелі қаласында табан аудармай еңбек еткен тәжірибелі қызметкердің өлшеусіз еңбегіне жоғары баға беріп, абыройын асқақтатты.

Бұдан кейінгі әңгіме елдегі саяси ахуал, қазақстандық идеология, қазақ елінің тарихы сынды тақырыптарға ойысып, көпшіліктің көкейінде жүрген өзекті мәселелер сөз болды. Кезектесе сөз алған тілшілер қауымы облыс прокурорына ризашылықтарын білдіріп, маңызды мәселелерді қозғады. Облыстық қоғамдық-саяси «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін Ұлы Дала тарихына тоқталды.

– Біздің еліміздің тарихы ғасырлар қойнауынан сыр шертеді. Сақ, ғұн дәуірлерін айтпағанның өзінде сонау шумерлер өркениетінің өзегінде бабаларымыздың тағылымды тағдырының, өнегелі өмірінің ізі жатыр. Сол замандардан бастау алған өркениеттің белгілері Ұлы Даладан әлемнің төрт тарапына таралып, бүгінгі күнге бай мұра болып жетті. Біз осындай ұлағатты ұлттың ұрпағы болғанымызбен мақтанамыз, солардың заңды жалғасы екенімізбен шаттанамыз, – деген Әміре Әрінұлы қазіргі қоғам дамуындағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы жайлы айтып өтті. *– Дәл оразаның алдында Ақтөбеде орын алған шетін оқиғадан кейін Елбасы бұқаралық ақпарат құралдарына басымдық беру керектігін ескерткені белгілі. Соның ықпалымен Ақпарат және коммуникация министрлігі құрылып, журналистер қауымына деген ыстық ықылас анық байқалды. Шындығында идеологияның өзегі саналатын бұқаралық ақпарат құралдарын елдің тыныштығы мен тұрақтылығына сына қағатын, бейбітшілік пен ынтымаққа селкеу түсіретін келеңсіз жайттардың алдын алуға тиімді пайдалану керек. Сонда ғана бұқара халық пен билік арасындағы алтын көпір қайта жанданады. Елбасының бастамасымен қолға алынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының да негізгі өзегі осыған бағытталған. Сондықтан журналистер қауымына сенім білдіріп, мерекелерімен құттықтап отырғаныңызға рахмет, Ғабит Төреұлы! Сіздер мен біздер бірлесіп жұмыс істегенде ғана қоғамның көлеңкелі тұсына жарық түсіп, есесі кеткендердің құқы қорғалады. Ендеше, ортақ мақсатымыздан ажырамайық, көздеген бағытқа бірге жетейік.*

Ашық әңгіме кезінде «Хабар» телеарнасының Алматы облысындағы меншікті тілшісі Тілеуқабыл Мыңжасар, «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалим Идигов, «Талдықорған» газетінің редакторы Мәулетхан Ақсанов, «Желтая газета» басылымының редакторы Сандуғаш Дүйсенова кезекпен сөз алып, жүрекжарды тілектерін жеткізді. Жиын соңында көпшілік естелік суретке түсті.



СЕССИЯ

ИГЕРІЛГЕН ҚАРЖЫДА ИГІЛІК КӨП

Кеше облыстық мәслихаттың кезекті V сессиясы қорытындыланды. Игерілген қаржы мен атқарылған жұмысты саралаған маңызды басқосуға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып, өткен жылғы бюджеттің орындалу есебіне құлақ түрді. Сондай-ақ, облыс басшысы шалғайдағы аудандарға бөлінген қаражатты ел игілігіне жұмсау қажеттігін алға тартып, бірқатар жауапты сала мамандарына сын-ескертпе айтты. Сессияда жыл он екі айда орындалған бюджет есебі ғана тыңдалып қоймай, атқарылған істің сапасына баса мән беру керектігі де тілге тиек етілді.

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Сонымен, бұл жолғы сессия есептері бастан-аяқ саннан құралған жоқ. Облыстық қаржы басқармасының басшысы Болат Сәтбаев 2015 жылы облыс бюджетінің 341 миллиард теңгеден астам қаражатты құрағандығын айтып өтті. Ол өз сөзінде бюджет түсімдері мен шығыстарының орындалуы турасында есеп беріп, облыс көлемінде бөлінген қаражат игерілмей қалған салаларды атады. Мұның көш басында облыстық ауылшаруашылығы басқармасы тұр. Оларда тұқым субсидиялау нормасына сұраныс азайып, үнем қалыптасқан. Бюджеттің шығыс бөлігін қызметтік топтар бойынша жіктеп айтып берген Болат Темірханұлы қорғаныс, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, білім беру мен денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек пен тұрғын үй салалары бойынша игерілген қаражаттарды нақтылады.

Келесі кезекте сөз алған облыстық тексеру комиссиясының төрағасы Нұрсұлтан Әкежанов өнеркәсіпті дамыту бағытында жұмсалған қаражаттарға тоқталды. Атап өтейік, облыстық тексеру комиссиясы мемлекеттік қаржы жүйесіндегі қиыс кеткен істерді анықтап, 7 481 185,6 мың теңгені құрайтын заңбұзушылықты тіркеген. Жалпы, өткен жылғы бақылау іс-шараларының нәтижесі бойынша 71 ұсыныс пен 186 тапсырма орындалған. Сонымен бірге, сессияда облыс орталығындағы қала маңы аймағы аумақтарын жобалау жобасы, Панфилов ауданындағы «Нұркент» қаласының және «Жаркент – Қорғас» шағын агломерациясы кешенінің бас жоспарлары бекітілді. Орман қоры учаскелерінде қолданылатын төлемақы жүйесін, көгалды күтіп ұстау және қоршаған ортаны көркейту жұмыстарын қолға алуды да жиналғандар бірауыздан қолдады.

– Қай салада болмасын оң нәтиже көп, – деді облыс әкімі сессия қорытындысында. – Облыс бойынша қаржының игерілуі 99,7 пайызды құрап отыр. Бұл жаман көрсеткіш емес. Алайда 902 миллион теңге игерілмей қалған. Мен мұндай олқылықтың ендігәрі қайталанбауын қатаң тапсырамын. Әрине, облыста ауыз толтырып айтатын жетістіктер жеткілікті. Елбасы суармалы және жайылым жерлерді игеруге тағы да қомақты қаражат бөлетінін айтты. Алдағы уақытта да Алматы облысының экономикалық даму қарқыны сақталады. Жуырда ғана ресми сапармен келіп қайтқан ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов облысымыздағы жұмыстарға жоғары баға беріп кетті. Біз тиісті қаржыны бекіттіріп алып, игермей отырғанымыз дұрыс емес. Аудан басшыларына қаржыны игеру жұмысын жеделдетуді тапсырамын.

Жиында облыс басшысы Алматы – Талдықорған, Үшарал – Достық жолдарының құрылысына тоқталып, Алакөл маңынан жаңа темір-жол вокзалы салынатынын жеткізді. Қандай нысан салынса да сапасына баса мән беру керектігін тілге тиек етті. Мәселен, облыстық мәслихаттың бекітуімен Райымбек ауданындағы білім ордасын күрделі жөндеуден өткізуге 290 миллион теңге бөлінгенімен өткен жылдың соңында берілген қаражат әлі игерілмеген. Амандық Ғаббасұлы мұндай жайбасарлық үшін өзінің орынбасары мен Райымбек ауданының әкіміне сын айтты. Сессия соңында көп жылдар бойы мәслихат үшін тер төгіп еңбек еткен бірқатар ардагерлер «Құрметті депутат» төсбелгісімен марапатталды.

САЙЛАУ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатынан шығып қалған депутаттың орнына сайлау өтіп, аудандық, қалалық мәслихат депутаттары жасырын дауыс берді. Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен сайлауға барлығы 324 таңдаушы қатысып, Сенат депутаттығына кандидатурасын ұсынған үміткерді таңдады.



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

БІЗДІҢ ЖАҢА ДЕПУТАТ

Алқалы жиынды ашып, жүргізіп отырған облыстық мәслихат хатшысы Серік Мұқанов алғашқы сөзді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Тимур Даутовқа беріп, сайлаудың тәртібімен таныстыруды ұсынды. Баяндамасының айтуынша, кандидаттарды ұсыну «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық Заңының 71-бабына сәйкес 17 мамырда басталып, 5 маусымда аяқталды. Осы уақыт ішінде Сенат депутаттығына облыстан 7 адам өз кандидатурасын ұсынған. Солардың ішінен екі үміткер – Қылышбаев Нұрлан Наурызұлы және Мұжықов Ермек Тоқтарбекұлы іріктеліп шыққан болатын. Бұлардан бөлек, өз кандидатурасын ұсынған Асқар Абдолдаұлы Жолдағұтов денсаулығына байланысты сайлау додасынан шығып қалды.

Осыған байланысты аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттары кезекпен дауыс беріп, өз таңдауларын жасады. Сонымен дауыс беру нәтижесі бойынша дауыс берушілердің 288-і Нұрлан Қылышбаевтың кандидатурасын қолдап, 86,2%-бен сенім білдірді. Ал Ермек Мұжықовқа барлығы 35 адам дауыс беріп, 10,5%-дық қолдау көрсеткен. Сөйтіп, облыстық сайлау комиссиясының дауыс беру қорытындысы туралы хаттамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына депутат болып Нұрлан Наурызұлы Қылышбаев сайланды. Мұны облыстық мәслихат хатшысы Серік Мейірханұлы көпшілікке ресми түрде жеткізіп, алдағы күндердегі жұмысына табыс тіледі.

Мінбеге көтерілген жаңа депутат өз ризашылығын білдіріп, сенім үдесінен шығатынына, ел мен жер үшін аянбай еңбек ететініне уәде берген соң облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт Нұрлан Наурызұлына жүрекжарды тілегін жеткізіп, ақ батасын берді.

Мәди ӘСЕТҰЛЫ.

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша атқарылған істер сараланды. Брифингте бағдарламаның ағымдағы жылдың алғашқы жартысында жүзеге асырылған жұмыстары таныстырылды. Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Ахмет Кендірбекұлы мемлекеттік тілдің мәртебесіне, өңірдегі тіл саясатына тоқталды.

Латын әліпбиіне көшкен жөн

Құралбек СӘБИТОВ

Тілдерді дамыту басқармасы алғаш ашылған жылдары қазақ тіліндегі іс-қағаздар бар-жоғы 16 пайызды ғана құраған болатын. 2009 жылы сол көрсеткіш 90 пайызға көтерілді. Бұл басқарманың жемісті жұмысын көрсетеді. Басқарманың ең басты мақсаты – төл тіліміздің мәртебесін асырып, мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілінде жұмыс жүргізуі. Бүгінгі таңда тілдік жағдайды зерделеу үшін өңірлік атқарушы органдардағы кіріс-шығыс құжаттарына тоқсан сайын мониторинг жасалып тұрады. Өткен жылдарға қарағанда облыс бойынша мемлекеттік тілдің қолданылу көрсеткіші 99,3 пайызды құрады. Облыста 10 мемлекеттік, 2 жекеменшік мемлекеттік тілді оқыту орталығы жұмыс істейді. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында төл тілімізді оқыту үйірмесіне 626, ағылшын тіліне 62, орыс тіліне 44 тыңдаушы қабылданды. «Қазтест» жүйесі негізінде 11827 адам тестілеуден өтті.

Спикердің айтуынша, қостілділік – күрделі мәселе. Бұл қазақтардың ішінде орыс тілді азаматтардың көптігінен болып отыр. Бұл мәселені шешудің жолы латын әліпбиі болмақ. Латын әліпбиіне көшкенде қос тіл мәселесі өздігінен жойылмақ. Сонымен қатар, басқармада атқарылған іс-шаралар қазақ тілін дамыта түспек. Осыған орай өткен жылы 20 шара белгіленсе, биыл тағы он іс-шараға көбейген. Жыл басынан «Сәрсенбінің сәтінде» әдеби кеші, тіл және өнер қайраткерлеріне арналған «Тағзым-2» шарасы, «Батағөй», «Алаш мұраты және Мұхамеджан Тынышпаев» атты ғылыми конференция, «Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым» атты «дөңгелек үстелі», «Мемлекеттік тіл және бұқаралық ақпарат құралдары» байқауы, облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Қарасай аудандық филиалының ашылу рәсімі ұйымдастырылды.

Ахмет Кендірбекұлының айтуынша, облыс аумағындағы көрнекі ақпараттардың жай-күйін қадағалау мақсатында ағымдағы жылдың ақпан-қараша айларында «Мемлекеттік тіл және жарнама» акциясы жарияланды. Акция барысында 574 рейдтік зерделеу жүргізіліп, 1076 нысан қамтылды, 376 кемшілік анықталып, оның 312-сі түзетілген.

Облыс бойынша қазақ тілінде оқытатын мектептердің саны артып, сапасы көтерілген. Қазақ тілінде білім алуға құштар өзге этнос өкілдерінің де саны артқан. Мәселен бүгінгі таңда 8054 өзге этнос балалары қазақ тілінде білім алуда. Бұл – өңіріміз үшін үлкен көрсеткіш. Брифинг қорытындысында Ахмет Кендірбекұлы тілшілерге ереже рух беріп, жігерлендіріп, азаттығымызды асқақтатуымыз керектігін айтты.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Жұмыссыздық мәселесі қаралды

Аптаның екінші күні Үкімет үйінде ҚР Премьер-Министрі Кәрім МӘСІМОВТІҢ төрағалығымен селекторлық сипаттағы Үкімет отырысы өтті. Отырыстың күн тәртібіндегі бірінші мәселе тұрғындарды жұмыспен қамтуға қатысты шаралар сөз болса, екінші мәселе – ірі қара малға ветеринарлық қадағалау жүргізу жағдайы қаралды. Осыған орай, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова мен ҚР Ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметов жұмыс барысын таныстырды. Сол қатарда бірқатар облыс пен Алматы қаласында сақталған келеңсіздіктердің жағдайы сұралып, шешілу барысы тыңдалды. Селекторлық жүйеде өткен отырысты облыс әкімі Амандық Баталов пен оның командасы мұқият тыңдап, қорытынды жасады.

Бәрімізге аян, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жоспарының маңызды бағыты – жұмыстан босап қалған азаматтарды кәсіпорындардағы бос жұмыс орындарына жіберу бойынша компаниялармен тікелей жұмыс жүргізу. Шара аясында министр ханым Тамара Дүйсенова бүгінде жұмыспен қамту шараларымен 167 мың адам қамтылғанын атап өтті. Сондай-ақ, орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін шараларға шағын несие беру тәртібіне жеңілдіктер жасалғанын да жеткізді. Оның айтуынша, шаруасын шалқыту үшін шағын несие алуға ниетті шаруа қожалығы немесе жеке кәсіпкер ретінде міндетті түрде тіркелу қажет. Бүгінгі таңда 1,6 мың адам 3,5 млрд. теңгеден астам көлемде шағын несие алыпты. Сонымен қатар, биыл 9 мыңнан астам адамға шағын несие беру жоспарланыпты. Жоспар толығымен орындалса 12 мыңнан астам жұмыс орнын ашады деп күтілуде. Ең маңыздысы, шағын несие беруге ажыратылған 30 млрд. теңгенің 21,7 млрд. теңгесі аймақтардағы ағайынға бөлініп отыр. Баяндама барысында Тамара Дүйсенова Премьер-Министрді жалақы төлеудің қазіргі жағдайы туралы да ақпараттандырды.

Келесі кезекте аталған министрліктің вице-министрі Біржан Нұрымбетов қазіргі кезде Қазақстанда еңбекке қабілетті тұрғындардың 5% жұмыссыз екенін жеткізді. Сандық көрінісінде бұл 443 мың адам екенін айта келіп, биыл жұмыспен қамту шараларымен 417200 азаматты қамту көзделіп отырғанын білдірді. Министрлік тарапынан қолға алынған «Жұмыспен қамтудың жол картасы», қазақстандықтарды «Нұрлы жол» бағдарламасының жобаларын атқаруға тарту, «Еңбек делдалдылығы» қатарлы бағдарламалар нәтижесінде 28 маусымдағы мәліметтер бойынша 167 адам жұмыспен қамтылғанын да атап өтті. Демек, тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесі өз деңгейінде орындалып, жұмыссыздық мәселесі батыл ауыздықталып келеді.

Жиналыс барысында Премьер-Министрдің орынбасары Дариға Назарбаева жұмыспен қамтуға және еңбек нарығын тұрақтандыруға жәрдемдесудің барлық бағдарлама қаражатының бір бөлігі салық және әлеуметтік аударымдар түрінде қайтарылуы тиіс, тауар айналымы және халықтың сатып алуы белсенділігі ұлғаюы керек екенін айта келіп:

– Жұмыспен қамтудың жол картасы және жалпы жұмыспен қамту мәселесі бойынша Үкіметпен ауқымды жұмыс жүргізілуде, үлкен қаржы ресурстары бөлінуде. Бұл жерде мәселе оның нәтижелілігі мен тиімділігінде болып отыр. Шағын несиелер беру өте маңызды, ол халықтың экономикалық белсенділігін ынталандырады және бұл жерде жергілікті органдар осы қаржыны оңтайлы пайдалануға ерекше көңіл бөлулері керек. Және игерушілік сомасына ғана емес, сонымен қатар оның нәтижесіне де назар аударулары тиіс,– деп атап өтті.

Отырыста Ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметов Қазақстанда 152 сүт өңдеу өнеркәсібінің бар екенін, оның ішінде 93-і жеке қосалқы шаруашылықтардан сүт сатып алуға келісім бергенін атап өтті. Сондай-ақ, ол сатып алуды орталықтандырылған жүйеде ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін «ҚазАгро» институттары лизингтік негізде қажетті жабдықтармен, атап айтқанда, сүтті суытатын танкерлермен және қосымша аспаптармен қамтамасыз етілетінін, сүт қабылдау бекеттерін ашу және сүт өңдеу зауыттарын барынша жүктеу есебінен 2 100 астамға тұрақты жұмыс орны ашылатынын да жеткізді. Десе де, Кәрім Мәсімов мал қорымдарының сенімді күзетке алынуының тиіс екенін, ветеринарлық қадағалау бойынша бақылаудың жеткіліксіздігін де атап өтті. «Менің ойымша, қай жерде екпе салынады, қай жерде салынбайды, олар қайда сақталады және қайда қойылады, анық емес. Бұл мақсатқа қаржы бөлінген, сол ақшаның қайда кеткенін білу керек», – деген Премьер-Министр бұл мәселені түбегейлі шешу керектігін Ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметовтің бақылауына тапсырды.

Отырысты қорытындылаған Үкімет басшысы жұмыс орындарында еңбекақы төлеу мәселесі ағымдағы өзекті мәселеге айналып кетуі мүмкін екенін ескертіп, Үкіметтің келесі отырысында жалақылардың төленуі бойынша аймақ әкімдерінің есебін тыңдайтынын құлаққағыс етті. Осыдан кейін облыс әкімі Амандық Баталов орынбасарлары мен басқарма басшыларына Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша тексеріс жұмыстарын жүргізіп, келесі Үкімет отырысына сақадай сай дайын болу керектігін міндеттеді.

Қ. ОМАРАҚЫН.

ТУРИЗМ



Алакөлге барып қайт

Жыл өткен сайын Алакөл аймағының туристік әлеуеті артып, алыс-жақын шетелден қысқа, ұзақ мерзімге демалып қайтуға келетін қонақтардың қатары көбеюде. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Алакөлде 150 мыңға жуық адам демалыпты. Биыл бұл сан өсіп, 160 мыңнан артық адам демалуға келеді деп күтілуде. Бұған көл бойындағы туристік қызмет көрсететін нысандардың мүмкіндігі кемел жетеді.

Қажет АНДАС

Аудандық кәсіпкерлік басқармасынан алынған ақпаратқа сүйенсек, бүгінде Алакөл ауданы аумағында 112 демалыс үйі, демалыс аймағы, пансионат, қонақүй және туристік кешен орналасқан. Атап айтқанда, 500 орынды СДО «Пеликан», 350 орынды «Ала теңіз», «Аласу» және 200 орынды «Қара Тас», 150 орынды «Көктұма» пансионаты, тағы да басқа жекеменшік үйлердің жанынан ашылған қонақүйлері бір уақытта 4500 адамға қызмет көрсете алады. Бұлардың барлығы Алакөл көлінің жағасында орналасқан. Осы демалыс орындарының мүмкіндігін жақсарту үшін облыстық туризм басқармасы ҚР туризм саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамаларын бекіту туралы №508 қаулысына сәйкес, көл жағалауының инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 17 іс-шара қарастырыпты. Осыған орай 2015 – 2017 жылдар аралығында Ақши ауылының көл жағалауында 3 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып, «Falkon Petrolium» ЖШС-нің және «Аквамарин ресорт» пен жеке кәсіпкер Д. Каримовтың көпсалалы демалыс орындары бой көтеруде. Алдағы уақытта «Аквамарин ресорт» демалыс аймағының ашылу салтанаты болмақ.

Көпсалалы демалыс орындарымен қатар өзге де туристік мақсаттағы нысандар құрылысы да ойдағыдай жүзеге асуда. Яғни, 2015 жылы 10, өткен жылы 10 туристік нысанды ел игілігіне беру жоспарының қолға алынғанын да айта кеткен жөн. 2015 жылы Алматы – Жетіген – Достық бағытында туристік пойызын жүргізу жоспары бекітіліп, облыстық бюджеттен 63,0 млн. тенге субсидия бөлінді. Сол жылы туристерге арналған пойыз аталған бағытта аптасына 6 вагонмен 3 рет қатынап, 5 мыңнан астам туристі көл бойына жеткізді. Аталған пойыз биыл 17 маусымнан бастап жолаушы тасымалымен айналыспақ. Көл бойындағы демалыс орындарының мүмкіндігін жақсарту үшін Ақши мен Көктұма ауылы кәріз жүйесінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге жеткілікті қаражат бөлінді. Сондай-ақ, Ақши ауылының демалыс аймақтарына баратын 24 шақырым жол салу жұмыстары жүргізілуде. 2015 жылдың 4 тоқсанында басталған жоба келер жылдың 4 тоқсанында пайдалануға берілмек. Бүгінгі күнге облыстық басқарма арқылы мемлекеттік сатып алу порталының жеңімпазы «Жол» ЖШС-мен келісімшарт жасалып, жұмыс басталды. Дайындалған жоба аясында су ағатын лотоктар, жаяу жүргіншілер жолы, құбырлы көпір, жарықшам, аялдама салу жоспарланған. Жобада Ақши ауылына кіреберіс жолдан 13 разъезге дейінгі бір шақырымды құрайтын жол салу жұмысы да қамтылған.

Халықтың әл-ауқатының артуына байланысты Алакөлге күре жол, теміржол, әуежолымен де келетіндер көбейе түсуде. Сондықтан Алакөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 183 Қаулысымен «Авиакомпания «Жетісу» АҚ-на Үшарал қаласының әуежайы құрылысын жүргізу және қызмет көрсету үшін 49 жылға уақытша пайдалану құқығымен 3 гектар жер телімі бөлінді. Қазір облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы арқылы сағатына 50 адамға қызмет көрсететін әуежай бекетін салуға ЖСҚ даярлауға бөлінген 21,0 млн. теңге қаражатқа «Казаэропроект» АҚ-мен жоба дайындалуда. 2008 жылы Алматы облыстық құрылыс басқармасының тапсырысы бойынша Алакөл көлінің жағалауын бекітетін 3 шақырым бөгет құрылысын салу объектісінің сметалық-жобалық құны дайындалған. Аталған жоба «Тараз-Технопроект» ЖШС-нің орындауына жүктелген. Өткенде «Пеликан» отбасылық демалыс үйінде өткен «Крылья Алаколя» атты фестивальде жоғарыда айтылған тамаша мүмкіндіктер тағы бір рет сараланды.

Көптен бері көл жағалауындағы заманауи байланыс жүйесін жетілдіру жайының айтылып келе жатқаны анық. Жұрт тілегін ескерген алакөлдіктер туристерді сапалы интернет жүйесімен қамтамасыз ету үшін Достық ауылынан 1 базалық интернет стансысын орнатып, желіде байланысуды жеңілдете түскен. Алдағы уақытта Үшарал қаласы, Ақши және Көктұма ауылына базалық интернет стансысын орнату жоспары қарастырылуда. Бұл жоспар орындалса көл жағасында жүріп-ақ әлемнің әр түкпіріндегі елдермен интернет байланысын орнатуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, көлге шомылу маусымы басталысымен Ақши ауылында ауылдық дәрігерлік амбулатория, АЗС, көлік тұрағы, наубайхана және дәріхана жұмысын бастайды.

Қысқасы, Алакөлдің туристік әлеуеті артып келеді. Мұнда демалушыларға барлық жағдай жасалған. Көлдің шипалы суымен емделіп, жүйкеңізді тынықтырғыңыз келсе, еш ойланбай Алакөлге тартып кетіңіз.

Алакөл ауданы.

МИНИСТР ЕСЕБІ

МЕКТЕПТЕГІ МЕДИЦИНА
денсаулық сақтау жүйесіне беріледі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова телебайланыс арқылы өз жұмысына есеп берді. Шара барысында министр медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі, әлеуметтік ахуалды жақсарту мен жұмыспен қамтамасыз ету бойынша атқарған жұмыстарын мәлімдеді.



Гүлжан ТҰРСЫН

Мектептегі медицина денсаулық сақтау жүйесіне берілетін болады. Мақсат – балалар арасындағы ауруларды алдын алу. Осыған орай, тиісті нормативтік-құқықтық актілер дайындалды. Оқушылар шаршап, жүйкесі жұқармауы үшін сабақ уақытында әлсін-әлсін жаттығулар жасап, жыл бойы сауықтырып отырудың жолдары қарастырылады. Ұл-қызды уақытымен тексеріп тұру үшін мамандар бригадасы білім ошақтарын өздері аралайтын болады. Мектептерде дене бітімі мен көз нашарлауының алдын алу үшін дәрумендер беру, физиотерапиялық процедуралар жүргізу, сүт өнімдерімен қамтамасыз ету негізгі жолға қойылады. Бұл жұмыс биылдан басталды. Қаңтар-наурыз айларында 2,6 млн. оқушы профилактикалық тексеруден өтіп, 305,8 мың оқушы диспансерлік есепке қойылған. Алдағы жылы мектеп медицинасын дамыту мақсатында бюджеттен 5,9 млрд. теңге қарастырылғандығы шараға баса көңіл бөлінгендіктің айғағы.

Скринингтік бағдарламаның тиімділігі анықталды. Болашақта ауруды ерте кезеңде анықтау мәселелері бойынша медицина қызметкерлері қайта оқытылып, скринингтік тексеруден өткен азаматтарды бақылау мен есепке алудың ақпараттық жүйесі құрылады. Азаматтар денсаулығы жайындағы медициналық анықтаманы халыққа қызмет көрсету орталықтарынан ала алады. Ал мамандарға қаралу керек болса, халыққа қызмет көрсету орталықтары электронды жүйе арқылы дәрігердің бос уақыттарын анықтап, тіркеуге қойып береді.

Бүгінде тағы бір түйіні қиын мәселе – тегін дәрідәрмек алу. Диспансерлік есепте тұрған ауруларға жеңілдігі бар дәрілік заттарды беру процедураларын оңайландыру қарастырылуда. Созылмалы аурулары бар пациенттер үшін тоқсанына бір рет қымбат дәрілерге рецептер жазылып беріледі.

Биылдан бастап «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы қарқын алмақшы. Бағдарламаның басты бағыттарының бірі – алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету. Мұнда артериалдық гипертензия, созылмалы жүрек кемістігі және қант диабеті бар сырқаттарды емдеуге баса көңіл бөлінбекші. Жиын барысында Тамара Дүйсенова кең таралған сырқаттарды емдеу барысындағы көрсеткішке тоқталды. Жобаны жүзеге асырудың нәтижесінде, пациенттердің 75 пайызында артериалдық гипертензия деңгейінің көрсеткіші тұрақталып, артериалдық қысымды бақылау және гипотензивті препараттарды тұрақты түрде қабылдау машықтарының қалыптасуы байқалды. Созылмалы жүрек кемістігі бар пациенттерді ауруханаға жатқызу жағдайы 2 есеге азайды, – деді министр ханым.

Жиын барысында министрге сұрақ-сауал жолдауға мүмкіндік туды. Талдықорған қаласынан сұрақ қойған Серік Шүйкембаев өзінің инсульт алғандығын, дәрігерлердің арқасында бүгінде едәуір жазылып қалғандығын айтып, медицина қызметкерлеріне алғысын білдірді. Сондай-ақ, ол оңалту орталығы арқылы тағы көмек алғысы келетінін айтты. Министр Тамара Дүйсенова оған Астана қаласында емделуге мүмкіндік туғызатынын жеткізді.

Есеп беру жиынында «Жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру шаралары жайы да айтылды. Осы мақсатта 5 үйлестіру кеңесі құрылып, оларға жауапты республикалық денсаулық сақтау ұйымдары анықталды.

Жедел медициналық көмек көрсетудің екі сатылы біріктірілген үлгісін құру жоспарланып отыр. Бірінші, жергілікті деңгейде жедел көмек пен санавиацияның бірыңғай қызметі құрылады. Оған облыстың санавиациясы, ауданның, қала мен ауылдық жерлердегі жедел көмек стансыларының кіреді. Екінші, республикалық деңгейде қызмет құрамына санавиация, автоматтандырылған GPS жүйесі мен телемедицинасы бар жедел көмек қызметінің бірыңғай диспетчерлік қызметі кірмек.

Жоғары оқу орындарында кадрларды даярлау сапасын арттыру мақсатында әлемдегі 500 үздік университеттерден әріптестерді шақырып, жұмыс жүргізілуде. Олар: АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Оңтүстік Корея, Финляндия және т.б. елдердегі медициналық мектептер. Сондай-ақ, ағымдағы жылғы қыркүйек айынан бастап 6 медициналық колледжде мейірбикелерді даярлаудың финдік үлгісі енгізілетін болады.

Шара барысында жыл соңына дейін мүдделері бір қызметтердің өзара қарым-қатынасы жандандырылып, білім жүйесі, денсаулық сақтау саласы, әлеуметтік қорғау мен пробация қызметі мамандарын оқыту ұйымдастырылатындығы айтылды.

БРИФИНГ

САН ЕМЕС, САПА КЕРЕК

ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары» байқау көрмесі кәсіпкерлер үшін үлкен мүмкіндік. Аталмыш сыйлықтар өндірістік мақсатта қызмет көрсететін, халық тұтынатын тауарлар шығаратын, үздік кәсіпорындарға жыл сайын табысталады. Өңіріміздің тауар өндірушілері байқау көрмесіне биыл да қатыспақ. Қазіргі таңда 15 компания сапаны анықтайтын сынға өтініш тастаған.

Өткен жылдан бері «Алтын сапа» сыйлығы конкурсының және «Қазақстанның үздік тауары» байқау көрмесінің ұйымдастырушы міндетін «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен олардың өңірдегі филиалдары атқаруда. Бұл жайында өңірлік коммуникациялар қызметінің кезекті отырысында облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының экономикалық мәселелер бойынша орынбасары Әсет Шаяхметов айтып өтті.

Өткен жылы Астана қаласында «Үздік өндірістік тауар» аталымында облыстан «Рыбпром» ЖШС марапатталып, «Байсерке Агро» ЖШС «Алтын сапа» сыйлығының лауреаты атанған. Байқауға қатысу ережелері, қатысу мен бағалау әдістемесі бойынша Кәсіпкерлер палатасында оқу семинары өткізіліп, биыл оған жергілікті 27 компания қатысты. Байқауға қатысу өтініштері осы жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады. Кейін сарапшылар тобы облыстық кезең қатысушыларын анықтайды.

Өткен жылы аймақтық кезеңге өңіріміздің 32 кәсіпорны қатысқан болатын. Келесі спикер облыстық кәсіпкерлер палатасының сертификаттау жөніндегі маманы Бибігүл Омарова өңіріміздегі ең үздік тауарды анықтаудағы байқаудың маңызы басым екенін айтып өтті. «Байқау критерийлері кәсіпорындардың мықты тұстары мен алдағы уақытта дамыту қажет бағыттарын анықтайды. Әсет Несіпбекұлының айтуынша, облыс кәсіпкерлері аталмыш байқаулардан жыл сайын жүлделі орындардан көрінген. Сонымен қатар, ол биыл да үлкен үміт бар екенін жеткізді. Ал техникалық реттеу және метрология комитеті облыстық департаментінің бас маманы Гүлмира Қапашқызы өңірлік тауар өндірушілер санға емес, сапаға мән беретінін ерекше айтып өтті.

Ай НИСА.

ЖАЙДАРМАН



ЖАРКЕНТТЕГІ ЖАҢА МЕШІТ

Күн мен түнді, ай мен жылдарды жөнкілтіп жетегіне ертіп бара жатқан тіршілік көшіне бір уақ байыптап қарар болсақ, тарих деген тағылымы мол шежіре қарт артына айшықты із қалдырып, адамзаттың саналы пендесінің есіне еріксіз салар кезеңдер ескерткіштерін сомдап та кетеді екен. Кең-байтақ қазақ жерінің әр тұсында жүздеген, мыңдаған жылдардың шындығы мен көрінісін, тұрмыс ерекшеліктерін бедерлейтін, тасасында қызықты тарихи құпиясы мол адам қолымен жасалған ескерткіштер қаншама? Ата-баба қолымен сомдалған сол ескерткіштер тылсым үнсіздікпен аңғартатын шежіре сыр жергілікті халықтың кешегісін кескіндеп, келешегіне тарихи, рухани тіреу болмақ.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Осындай тарихи танымдық, айшықты ескерткіштер жазиралы Жаркент өңірінде де аз емес. Олардың ертеден барын екшеп, зерттеп, ел игілігіне айналдыру қажет. Ел есінде қалғанын қадірлеп, қалың қауымға насихаттау шарт. Тарихи ескерткіштерді қорғап, қалпында сақтау да маңызды. Мысалы, XIX ғасырда салынған Жаркент мешіті (қазіргі Жаркент мешіті көркем-сәулет мұражайы) бір шегесіз ағаштан құрастырылған шығыс сәулет өнерінің қайталанбас ерекше үлгісі болып табылады. Мұндай тарихи ескерткіштер мемлекет қорғауына алынып, ел игілігіне сақталмақ. Дегенмен уақыт сынына төзбеген, сәулет өнерінің ерекше қайталанбас үлгісі бола алмайтын кейбір көне ғимараттардың орнына заман талабына сай жаңа құрылыс жасаудың әбестігі жоқ.

Жаркент уезі құрылған (1882 –1890) жылдарда салынған көне ғимараттар қатарында «Татар мешіті» де бар. Жаркент қаласының бел ортасынан бой түзеген татар мешіті Кеңес үкіметі орнағаннан соң ұзақ уақыт бойы қызыл әскер казармасы, астық қоймасына айналып, түрлі мақсаттарда пайдаланылды. Өткен ғасырдың орта шенінде бұл ғимарат күрделі жөндеуден өткізіліп, «Орленок» атты жасөспірімдер кинотеатры болды.

Үстіміздегі ғасырдың алғашқы жылдарында ол аудандық орталық мешітке беріліп, жергілікті кәсіпкерлердің қаржылай қолдауымен қайтадан күрделі жөндеуден өткізілді.

Алайда, осыдан 100 жылдан астам бұрын ағаш бөренелерден салынған мешіт үйінің іргесі отырып, ағаштары шіріп, төбесі қақырап, тозығы әбден жеткен болатын. Сондықтан өңірдегі діндәрлар мен қариялардың сұрауымен өткен жылы көне мешіт үйін жаңарту мәселесі көтерілді. Аудан тұрғындарының осы өтінішін жүзеге асыруды өңірдегі Тасқын Жапаркұл, Серік Ақсубаев, Закир Кузиев сынды ауқатты кәсіпкерлер қолға алып, өзара келісіп қаржы топтап, өткен жылдың тамыз айында көне ғимарат сүріліп, жаңа мешіттің құрылысы басталған болатын.

Жалпы сыйымдылығы 1500 орынды еңселі ғимаратты Сәкен Дәуренбеков басшылық ететін құрылысшылар бригадасы салды. Мешіт жанында 50 бала оқитын медресе, кітапхана мен мұражай, мешітке қарасты 1,5 гектар аумақта балалардың спорт алаңы жасалды.

Биылғы Наурыз мерекесінің қарсаңында жаңа мешіт үйін салғызушы Серік Ақсубаев, Тасқын Жапаркұл және Закир Кузиев отбасы мүшелерімен, немерелерімен келіп сенбілік өткізіп, 35 қарағай көшетін егіп, құнарлы топырақ тасып түсіріп, болашақ гүлзардың орнын дайындады.

– «Ел тілегін жүзеге асыру – ердің ісі» дегенді әкем марқұм жиі айтып отырушы еді, – дейді, сол сенбілік сәтінде бізбен тілдескен кәсіпкер Тасқын Жапаркұл мырза. – Сенбілікке қолдарына тұңғыш рет күрек ұстап тұрған сәби немереміз бен балаларымызды ертіп келгеніміз де ұлтымыздың ортақ іске байланысты ұлағаты жастардың санасына сәуле болып себебіздесе екен деген ниет. Құрыш қолды құрылысшы ағаларындай жұмысты жапырып тастамаса да періште жандарына ізгіліктің нұры құйылып, болашақта елдік іске елгезек азамат болса деген тілеумен келдік.

Қазір аудандық орталық мешіттің жалпы құрылысы, іші-сыртын әрлеу жұмыстары аяқталды. Құтхана жақында пайдалануға берілмекші. Жалпыға ортақ қуанышқа барша Жаркент өңірінің жұртшылығы жиналып, алыс-жақыннан құрметті қонақтар да шақырылмақ.

Жаркент қаласы.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаевтың жүргізуімен партия филиалының Саяси кеңес бюросының отырысы өтті.

ЖОБА ПЫСЫҚТАЛДЫ

Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

Күн тәртібінде екі мәселе қаралып, жиын соңында қаулы қабылданды. Қозғалған бірінші мәселе «Қазақстан–2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі мәселесінің іске асырылуы жөнінде болса, екіншісі, облыста «Кедергісіз келешек» партиялық жобасының жүзеге асырылу барысы. Мұмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз орта қалыптастырудағы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жұмысы туралы болды.

Бүгінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік экономика саласында барынша көрініс тауып, инфрақұрылымды дамытудың негізгі тетігіне айналып отыр. Сондықтан Саяси кеңес бюросы отырысындағы бірінші мәселе бойынша облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Асқар Қожабаев баяндама жасап, мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі мәселесінің іске асырылуы жөнінде қойылған негізгі сауалдарға жан-жақты жауап берді.

– *«Нұр Отан» партиясының 9 жобасының бірі – «Кедергісіз келешек». Партиялық жоба аясында құрылған аймақтық қоғамдық бақылау тобы биыл да өз жұмысын жандандыруда. Топтың мақсаты – әлеуметтік нысандардың мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қаншалықты жарамды екендігін тексеру. Бүгінде облыс бойынша осы партиялық жобаның жүзеге асуын толық қамтамасыз етуді тексеру үшін арнайы қоғамдық бақылау тобы құрылған*, – деді Ғалиаскар Сарыбаев күн тәртібіндегі екінші мәселе турасында. Осыған орай қоғамдық топтың атқарған жұмысы бойынша жан-жақты мәлімет берген «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдікадыров мұмкіндігі шектеулі жандардың жүріп-тұруына өте қолайсыз салынған пандустардың көптігін айтып, мәселені шешуге асығу қажеттігін баян етті.

Жиында күн тәртібіндегі мәселелер толығымен қаралып, қаулылардың жобасы негізге алынды.

ҚҰРМЕТ

Ғалым есімі берілді

Еңбегіңе еншілес, талантыңа татымды құрмет көрсетілсе жақсы-ақ. Кейде асыра сілтеп, арындап кеткен кезде қазақты дарындысын даралай білсе де даңққа бөлеп, дақпыртын жая білмейтін халық деп сөгеміз. Бұл қасаң пікірдің жалған мен ақиқаттан тұратын екі жүзі бар. Дегенмен, кемеңгер ел терең көл саналған тұлғалардың бірінің есімін күресінде қалдырған, ұмытқан жоқ-ты. Оған дәлел мен дәйек қат-қат жазбалар мен әдебиеттің алтын қорындағы том-том туындылар.

Қала берді, бүгінгі күнмен дәлел келтіру міндет болып саналса, оның да реті бар. Жуырда көрнекті әдебиеттанушы ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Педагогика ғылымдары академиясының академигі Тұрсын Сыдықовқа І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде арнайы аудитория ашылып, есімі берілді. Сан жылдар бойы табан аудармай тер төгіп, еңбек еткен аталмыш білім ордасындағы бұл құрметтің бағасы өлшеусіз.

Аталмыш игі шарада ғалым есімін иеленген № 126 аудитория лентасын І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Қуат Баймырзаев қиды. Рәсімнен кейін университет ұстаздары мен кеш қонақтары ғалым атындағы аудиторияға қойылған академиктің ғұмыр бойы жинаған кітабы мен қабырғадағы өнегелі өмірінен сыр шертетін тақтайшамен танысты.

Айталық, Тұрсын Сыдықов 1941 жылы Сарқан ауданына қарасты Бақалы ауылында өмірге келген. Орта мектепті қызылға бітірген болашақ ғалым жоғары оқу орнына түсіп, академик Қажым Жұмалиев және Серік Қирабаев сынды марқасқалардан тәлім алып, оқуын үздік бағамен аяқтаған соң Ақсу ауданына қарасты оқу ісінің меңгерушісі болып жұмысқа тұрады. Жалпы қысқаша келтірген өмірдерегінің ең негізгісі – ғылым көгжиегінен көрінуі. Талантын шыңдап, дарынын даралап дағдыланған Тұрсын Сыдықов бүгінгі таңда қазақ елінің көзі тірі ғалымдарының бірі. Қаламынан «Мұрат пен міндет», «Қазақ тарихи романы», «Қазақ тарихи романының көркемдік тіні», «Өңінде тұлпар мінгендер», «Талант тағылымы», «Ізгілік сабақтары», «Қазақ тарихи романының поэтикасы», «Жетісу дүлдүлдерінің дүбірі», «Ілияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы», «Сұңғыла суреткер һәм көркемдік шындық диалектикасы», «Дүлдүл ғұмыр», «Рух пен интеллект көкжиегі» атты жинақтар жарық көріп, көзі қарақты оқырмандары мен білімгерлерін тебіреніс пен ғылымның түпсіз тереңіне бойлатып жүргені анық.

Сонымен қатар, профессор С. Мақпыровпен бірігіп колледждерге арналған екі бөлімнен тұратын «Қазақ әдебиеті» оқулығын жазып, хрестоматиясын құрастырған. Осы уақытқа дейін қарымды қаламынан 700-ден астам ғылыми-зерттеу мақала туындағанын еске салсақ, бір адамның ғұмырындағы ерен еңбектің жемісін аңғаратын едік. Ал оның өтеуі – даңғарадай аудитория иесі атанғаны. Бұл кештің тізгінін қолына алған Қуат Маратұлы:

– Қазақ әдебиетіне, ғылымға өзіндік үнін қосқан көрнекті әдебиеттанушы ғалым, сыншы, академик Тұрсын Сыдықұлына қолтаңбасы қалған, еңбегі сіңген білім ордасынан аудитория ашылып, есімі берілуде. Бұл шын мәнінде білім-ғылым жолына қосқан үлесіне берілген сыбаға деп білейік, – деп қадірменді академиктің иығына шапан, басына бөрік кигізіп, аялы жарына камзол мен ақ жаулық жабылды.

Рухани кеш барысында ғалымның өмірінен сыр шертетін бейнебаян көрсетіліп, «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының аға ғылыми қызметкері Мұратбек Иманғазинов сөз алды. Сондай-ақ, ғалымның шәкірті Гүлбақыт Қасенова, І. Жансүгіров атындағы облыстық әдеби мұражайының директоры Нұргүл Жауынбаева сынды бірқатар азамат ізгі ниетін білдірсе, Дәулеткерей Мүлік жыр оқып, Серікбол Шыныбаев сынды әншілер әсем әнді әуелетті.

Кеш соңында академик Тұрсын Сыдықов қуанышқа жиналған қонақтарға деген лебізін білдіріп, университет ұстаздары мен жанына жақын тартқан бірқатар жандарға «Ілияс Жансүгіров XXI ғасыр көзімен» атты жинағын табыс етті.

АРДА БИ.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ



БІРЛІК БЕРЕКЕГЕ БАСТАЙДЫ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік ҮМБЕТОВ жұмыс сапары аясында Көксу ауданындағы бірнеше нысанды аралады. Сапар барысында тұрғындармен пікірлесіп, ауыл-аймақтың жағдайымен танысып, елді мекендерді дамыту мен өркендетудің жаңа бағыттарын бағамдады.

Қажет АНДАС

Жетісулықтар Серік Әбікенұлының адамгершілігі мен іскерлігін жоғары бағалайды. Оның осы өңірді басқарып тұрған тұсында талай өркенді істердің бастамашысы болғанын да жұрт ұмыта қойған жоқ. Сондай істердің бірі Ербол Тоқтағұлов басшылық ететін «Уыз Май Industry» ЖШС еді. 2010 жылы өз қолымен тұсауын кесіп, алғашқы өнімін көзімен көрген Серік Үмбетов алты жылдан кейін тағы да сол өндіріске соғып, жағдайын тағы бір саралап шықты. Депутат жұмысты зауыттың болашақ жоспарларымен танысудан бастады. Бүгінде кәсіпорын құрылыс жобасының 90 пайызға жуығын еңсеріпті. Алты жыл бұрын жалғыз ғана ғимараты болған зауыт аймағында бүгінде қосалқы құрылыстардың саны көбейген. Осыдан-ақ жылына 50,0 мың тоннаға дейін майбұршақ шикізатын өңдейтін, 100 адамды жұмыспен қамтып отырған зауыттың байқауға болады. Десе де, бұл зауыттың өнімі облыс тұрғындарының майбұршақ өніміне деген сұранысының 30-40 пайызын ғана қамтамасыз етіп келеді. Депутат осы мәселеге баса назар аударып, бұл саладағы жұмысты ширатудың қажеттілігін тілге тиек етті. Сонымен қатар, зауыт басшылығына майбұршақ егетін жер аумағын ұлғайтып, өңір тұрғындарының уыз майға деген қажеттілігін қамтамасыз етумен қатар өнімін экспортқа шығарып, бренд қалыптастырудың жолдарын қарастыру керектігін ескертті.

Келесі кезекте Серік Үмбетов «Көксу қант зауыты» ЖШС-не бас сұқты. Астанадан келген қонақты кіреберістен зауыт жұмысшылары қарсы алып, зауыттың өндірістік және қосалқы цехтарын аралатып, өнім шығару мүмкіндігімен таныстырды. Қашанда қарапайымдылығымен танылған Серік Әбікенұлы әдетінше жұмысшылардың тұрмыс және де басқа жағдайларын сұрастыруды ұмытқан жоқ. Депутаттың қамқор пейіліне зауытты жазғы жөндеуден өткізіп жатқан жұмыскерлер шынайы ризашылық танытты.

Статистикаға жүгінсек, «Көксу қант зауыты» облыс тұрғындары бір жылда тұтынатын қанттың 22 пайызын өндіреді. Зауыт өткен жылы 120 мың тонна қант қызылшасын өңдеп, 12 мың тонна қант алса, биыл шикізат көлемін 220 мың тоннаға жеткізіп, 25 мың тонна қант алуды межелеп отыр. Қант зауыты жылына бюджетке 17 миллион теңге салық төлеумен қатар қант өндеу маусымы басталғанда 500-ге жуық адамды жұмыспен қамтып, әлеуметтің әлеуетін арттырып келеді. Зауыттың осындай мүмкіндігін бағамдаған халық қалаулысы көпшілікті ел игілігі үшін ерінбей еңбек етуге шақырды.

Кейінгі жылдары облысымызда қант қызылшасын өсіру қауырт қолға алынып, қарқынды жобалардың атқарылып жатқаны анық. Көксу ауданында қант қызылшасын өсіруде өзгеге үлгі болып отырған «Қайрат» шаруа қожалығының табысы мол. Былтыр 20 гектар жерге қант қызылшасын егіп, 1200 тонна өнім алса, биыл оның көлемін 60 гектарға жеткізіп, 2100 тонна қант қызылшасын алуды жоспарлап отыр. Ел экономикасын өркендетуге осындай деңгейде үлес қосып отырған шаруаның еңбеккерлігін жоғары бағалаған депутат олардың егіс алқабын аралап шықты. Жайқала өскен тәтті түбірдің мол өнімге кенелтетіні бірден байқалады. Мұндай жұмыс нәтижесіне ризашылығын білдірген депутат алдағы күндерінің табысты болуын тіледі.

Осылайша Серік Үмбетов бір күндік жұмыс сапарын қорытындылады. Соңында журналистердің сұрақтарына жауап беріп, ниет біріккен жерде береке болатынын тағы да еске салды.

ЖУРНАЛИСТЕР ІЛТИПАТЫ

Алдымен Көксу, Қаратал аудандарында болған Серік Әбікенұлы облыс орталығындағы Ардагерлер үйінде өңір ақсақалдарымен кездесіп, бүгінгі күннің маңызды мәселелеріне тоқталды. Соның ішінде жер, жол және идеология мәселесі мен терроризмнің алдын алу жолдары сияқты маңызды мәселелер ерекше аталынып өтті.

Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

«Қарты бар ел – қазыналы ел» деген дана сөзді терең түсінген халық қалаулысы қариялардың талап-тілегін тыңдап, өтініштерінің жерде қалмайтындығын жеткізді. Ақ батасын берген ардагерлеріміз өз ұсыныстарында елімізде зауыт, фабрикалар көптеп ашылса жұмыссыз жастар қатары кемитін еді, Талдықорғанның кіреберісінде әдемі қақпа және таулы аймақта халықаралық деңгейдегі стадион бой көтерсе деген ойларын білдірді.

Ашық сұхбат түрінде өткен кездесуде Серік Үмбетов идеология мен мықты тәртіп болса, түсіндіру жұмыстары арқылы қолға алған әрбір істі дұрыс аяқтауға болатындығын айтты.

– Осы тұрғыдан алғанда, Ақпарат және коммуникация министрлігін құру дұрыс шешім болды. Себебі, бізде түсіндіру жұмыстары аздау. Түсіндіру жұмысы арқылы мемлекетте атқарылып жатқан жұмыстардың мән-жайын әрбір азамат білсе, іс нәтижелі болады деп ойлаймын. Ол үшін біз елді мекендерді аралап, халықпен кездесеміз, – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Серік Әбікенұлы қант зауыттарын қайта іске қосу үшін инвестиция тартып, жұмыс орындарын көбейтуге, өндірісті дамытуға, майбұршақ өсіруге көңіл бөлудің жақсы бастама екендігін жеткізіп, облыстың бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайына жоғары баға берді.

Ардагерлермен болған емен-жарқын жүздесуден соң Серік Үмбетов халық пен билік арасындағы алтын көпір саналатын төртінші билік өкілдерімен кездесу үшін облыс орталығында орналасқан Журналистер үйіне арнайы барды.

Заманауи үлгіде салынған ғимараттағы облыстық «Жетісу» телеарнасының студиясы мен облыстық «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің редакциясына кіріп, эфирге өнім дайындау және газетке мақала беттеу әдісімен танысты. Қызу жүріп жатқан жұмыс үстіне келген Мәжіліс депутаты әрбір студия мен бөлімдегі тілшілер қауымымен тілдесіп, өңірде қызмет еткен уақыттағы естеліктерімен бөлісті.

Кездесу соңында Серік Әбікенұлына тілшілер де өз тараптарынан ақ тілектерін айтып, шынайы құрметтерін білдіріп, ризашылықтарын жеткізді.

ТҰСАУКЕСЕР

Өнер көкжиегінде – «Үшқоңыр»

Ораза айтының алғашқы күні қарасайлықтар үшін тағы бір ерекше оқиғамен есте қалатын болар. Себебі, дәл осы күні ауданда дәстүрлі өнеріміздің өзгеше қырынан танытып, бүгінгі заман ағымымен үндестіре дамытқан «Үшқоңыр» фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің тұсаукесер рәсімі болған еді.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Жаңадан өнер ұжымын ашу, айтқанға оңай болғанымен, толып жатқан қиындықтар мен ұйымдастыру барысындағы кедергілерге жолығатыны ақиқат. Оған бір ғана ниет аздық етеді. Осы орайда еліміздің болашағы саналатын жас ұрпаққа рухани тәрбие беру жолында қолдан келетін көмегін ұсынуға әзір тұратын жаны жомарт, қолы ашық демеушілердің жәрдемімен және Алматы облысы әкімінің тікелей қолдауымен аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған өнер ұжымы үлкен жолдан жүріп өткен еді.

Жақсылық хабардан құлақтанып қалған жұртшылық бұл күні Мәдениет үйіне молынан жиналған. Тек аудан тұрғындары емес, жалпы елімізге танымал өнер және қоғам қайраткерлері де осы күні көпшілік қуанышының ортасынан табылды. «Бітер істің басына – жақсы келер қасына» дегендей, өлкеміздің өзі қызмет жасаған аудандарында өнердің өркендеуіне үлкен үлес қосып жүрген Махаббат Бигелдиевтің Қарасай ауданына басшы болып келуін де жақсылыққа жорыдық. Ансамбльдің тұсаукесер салтанатының «Астанаға тарту» аталуы да мерейлі мереке – Астана күніне орайластыра өткізіліп отырғанын меңзейтіндей.

Дәстүр бойынша тамаша өнер ұжымын дүниеге әкелген жандарға алғысын жеткізіп, көпшілікті қуаныштарымен құттықтау үшін сахнаға көтерілген аудан әкімі Махаббат Сәдуақасұлы барлық қарасайлықтар атынан есімі елге танымал меценат, ансамбльдің бас демеушісі Болат Назарбаевқа, осы шараның басы-қасында болып, үлкен үлес қосқан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Амангелді Дәуренбаевқа, ұжымға қажетті штатты бөлгізіп, қаржыландыру мәселесіне барынша қолдау көрсеткен облыс әкімі Амандық Баталовқа алғысын білдірді. Сонымен бірге, жаңадан құрылған ансамбльдің репертуарын қалыптастыруға көп еңбек сіңірген композиторлар Бағлан Омаров пен Бауыржан Есебаевтың, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ермек Жұматаевтың, өзге де жанашыр жандардың аттарына жылы лебізін жеткізді. Халқымыздың өнерін ұлықтауды мақсат еткен ұжымның тұсаукесер салтанатының Ораза айтымен, Астана күнімен орайласа келуін жақсылыққа жорыған Махаббат Сәдуақасұлы ансамбльге сәтті жол тіледі.

Тамашаға жиналған қауым жаңа өнер ұжымынан ерекше әсер күтетіні белгілі. «Үшқоңыр» ансамблі осы талап үдесінен шығу жолында аянып қалмағаны анық. Сахна шымылдығын түрген ұлт аспаптар оркестрінің орындауындағы «Қарасай» күйі ешкімді де бейжай қалдырмаса керек. Қасиетті қара домбыра, қоңыр сазды қобыз, дара дауысты дауылпаз, сырлы сазды сырнай, жетіген мен өзге де аспаптар үні үйлесім тауып, тыңдармандарын көне ғасырларға жетелегендей әсер қалдырған. Сахна төріндегі үлкен лэд-экраннан көрсетіліп тұрған бейнебаян құлақтан кірген әуенді жанармен толықтыра түсуге мүмкіндік жасады. Бұдан кейін сахнаға шыққан трио шырқаған Елбасына арнау Ұлт көшбасшысының сіңірген еңбегін айшықтап берді.

Айта кетерлігі, бұл күні тек ансамбльдің ғана емес, сонымен бірге көптеген жаңа әндердің де тұсауы кесілген. Атап айтқанда, М. Бигелдиевтің сөзіне жазылған Б. Есебаевтың «Жан аға» әні, Е. Спанәлиевтің әні «Солай», Е. Жұматаевтың сөзіне жазылған Б. Омаровтың әні «Үшқоңырға кел» осы күні тұңғыш рет орындалып, тыңдарманның құлақ құрышын қандырса, оркестрдің орындауындағы Қ. Жұмағалидың «Әке аманаты» атты күй-поэмасы Әбіш атаның кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мұрасы ретінде ұсынылып, көңіл төрінен орын алды. Бұдан бөлек, ансамбльдің әншілері халық әндері мен заманауи шығармаларды нақышына келтіре шырқаса, күйшілер күй жарысын қыздырып, мың бұралған бишілер пластикасымен көрермен көзайымына айналған.

Жаңа өнер ұжымының құрамы да осал еместігін айта кеткен жөн. Мұнда талай республикалық және халықаралық байқауларда топ жарып жүрген жас дарындар бас қосып отыр. Барлығы 35 өнерпаздан тұратын ансамбльде 14 оркестр мүшесі, 8 биші, 10 дәстүрлі және эстрада әншілері еңбек ететін болады. Танымал композитор Бағлан Омаров көркемдік жетекші, Еркін Рахимов музыкалық жетекші қызметіне тағайындалған. Ал, концертмейстері – Қуаныш Жұмағали. Әрине, өнер ұжымы қажетті аспаптармен және техникалық жабдықтармен толықтай жарақтандырылған. Әсіресе, ұлттық ою-өрнектермен көмкерілген сахналық киімдер көздің жауын алады.

Тыңдармандарын тамаша әсерге бөлеп, ұмытылмас өнер кешін сыйлаған концерттік бағдарламаны Бауыржан Есебаевтың «Қазақстан» әні қорытындылады. Концерт соңында ортаға Амандық Ғаббасұлының атынан ықылас гүлі әкелінген. Осыдан кейін жаңадан құрылған өнер ұжымының тұсаукесер салтанатына арнайы келіп, қатысып отырған облыс әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов сөз алып, Ұлы Дала елінде дәурен құрып отырған Қазақ мемлекетінің биыл 25-ші рет тойланғалы отырған Тәуелсіздік күнімен жиналған жұртшылықты құттықтады. Сонымен бірге ол жер жаннаты Жетісудың өнері мен мәдениетін өркендетуге үлес қосып жүрген өнер жанашырлары Светлана Мырзахметқызының, Әнипа Әбішқызының есімдерін ізетпен атап өтіп, жан жомарттығымен ұжымға демеушілік жасаған Болат Назарбаевтың иығына дәстүр бойынша шапан жапты. Қорытындысында қуанышқа жиналған жұртшылық бүгінгі күннен естелік ретінде суретке түсіп тарқады.

Қарасай ауданы.



Суретті түсірген Ерлан ӘЛИАСҚАРОВ.

ЕЛБАСЫНЫҢ ЕРЛІГІ

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында Астана күні мерекесіне орай мерекелік жиын өтті. «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаевтың жүргізуімен «Ел жүрегі – Астана» атты салтанатты шара ұйымдастырылып, Елбасының Астананы салудағы ерлігі баяндалды.

Оған партия қатарына өтуге өтініш білдірген азаматтар, партия ардагерлері, әр салада нәтижелі қызмет атқарып жүрген еңбеккерлер, үкіметтік емес ұйым өкілдері, бастауыш партия ұйымының төрағалары қатысты.

Кездесу басында Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты А.Толамисов «Астана – Елбасының ерлігі» атты баяндама жасап, Қазақстан халқының мақтанышы болған Елорданың өсіп-өркендеуі және Елбасының қосқан үлесі жайлы егжей-тегжейлі әңгімеледі.

Өз кезегінде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт: *«Астана еліміз үшін стратегиялық маңызды қалаға айналды. Ол мемлекетіміздің өрісін, тынысын, мүмкіндігін ашты. Астананың 18 жылдық мерейтойын тойлау тәуелсіздіктің арқасы. Сондықтан Елбасының саясатын қолдасақ, еліміздің одан ары өркендейтіндігіне сенемін»*, – деді.

Салтанатты жиын соңында облыстық партия төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев партия белсенділеріне Алғыс хат пен «Нұр Отанға» жаңадан қабылданғандарға партия билеттерін салтанатты түрде табыстады.

Мереке қарсаңында еліміздің бас партиясының қатарына қабылданған қуаныш иелері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа ақ алғыстарын жаудырды. Сонымен бірге мүшелікке өткендер қазақстандықтардың кемел болашағына сенің, үміт артып отырған «Нұр Отан» партиясының Төрағасына, облыс басшысына рахмет айтып, сенімді ақтайтындарын жеткізді. «Мен де партия қатарында болып, еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді. Маған сенім артып, қатарларыңызға қабылдағандарыңыз үшін рахмет», – деп ойын түйіндеді партия қатарына өткен В. Бедарева.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

БИЛЬЯРД

Алматы қаласында БАҚ өкілдеріне арналған бильярд жарысы өтті. Тілшілерді тас соғудан сайыстырған «Радиоточка» ақпарат агенттігі мен «Wargaming» компаниясы. Республикалық байқауға облыстық қоғамдық-саяси «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің тілшілері қатысып, әдемі ойын өрнегін көрсетті.

ТІЛШІЛЕР КИЙ ҰСТАДЫ

«World of Tanks Billiard CupKZ» деген тақырыппен өткізілген сайысқа Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарынан 24 команда қатысты. Командалардың кейбірі екі адамнан құралған. Үлкен тартыспен өткен жарыста журналистердің шеберлігіне турнир көрермендері мен ұйымдастырушылар тәнті болды. Олимпиадалық тәртіппен іріктелген командалар біртіндеп шешуші кезеңге өтіп жатты. Онда да қарсыласын айқын басымдықпен жеңген ойыншы бұрынғыдан да тәжірибелі бильярдшымен бақ сынасады. Сөйтіп, көптің ішінен шешуші кезеңде «Қаламгер-медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, «КТК» телеарнасының, «Жас Алаш» және «Курсив» газеттерінің ойыншылары тоқайласты. Финалда «Курсив» апталығының тілшісі Александр Широких пен «Жас Алаш» газетінің тілшісі Ілияс Сәрсеев бас жүлде үшін өзара аса тартысты сайыс өткізді. Ақыры, қатарынан екі ойында да озықтығын көрсеткен «Курсив» басылымының тілшісі жарыс қорытындысы бойынша кубок пен плазмалық теледидар олжалады. Екінші орынның медалі мен планшет Ілияс Сәрсеевке бұйырды. Турнирдің қола медалі мен смартфонын «Қаламгер-медиа» ЖШС-нің жетекшісі Жанарбек Әшімжан иеленді. Жарысты ұйымдастырушылар негізгі жүлделерден бөлек қосымша марапаттарды да қатысушыларға табыстады. ҚР Бильярд спорты федерациясының төрешілер алқасы құрамындағы 3 адам кең залдағы бильярд үстелдерін қадағалап, тартысты жағдайлардың шешімін айтып отырды. Алқаны ҚР Бильярд спортының бас төрешісі, халықаралық санаттағы әділқазы Роман Бузурходжаев басқарды.


Тілшілер арасындағы тартысты дода соңында қатысушылар естелік суретке түсті.

М. ӘСЕТҰЛЫ.

«БАЛАПАН» БАҒДАРЛАМАСЫ

Талдықорған қаласында бүлдіршіндер үшін тағы бір балабақша есігін айқара ашты. Қаланың шет аймағындағы Бақтыбай көшесінің бойына орын тепкен бұл балабақша тұрғындарды үлкен қуанышқа бөледі.

Кәтия апа балабақшасы



Тәрбиеші тілегі

Ұлжан ҚАЙСАНОВА, тәрбиеші:

– Бүгін ата-аналардың да, балалардың да қуанышы еселене түсті. Астана күні мерекесі тұсында ауданымызда үлкен той болып жатыр. Бүлдіршіндер балабақшаға қадам басуда. Бұдан артық қандай қуаныш болсын?! Әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген емес пе? Міне, осындай тәрбие ошағы бой көтеріп отыр. Балабақша көптеп ашылып, балаларымыздың игілігі үшін қызмет ете берсін деп тілейміз.

Алма ЕСЕНБАЕВА

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жұмыс істейтін балабақша 125 орынды, 5 топқа арналған. Балабақша салуға ниет танытқан Құсбековтер әулеті құрылыс жұмысына 100 млн. теңге қаражат жұмсаған. Екіқабатты ғимараттың өзге жекеменшік балабақшалардан ерекшелігі – іргетасы құйылғаннан бастап барлық талаптың сақталынып салынғаны. Оның мемлекеттік балабақшадан еш айырмашылығы жоқ.

Құрылыс жұмысын «Тест-стройпроект» ЖШС жүргізген. Онда балалар үшін музыкалық зал, жатын, ойын бөлмелері талапқа сай жабдықталған. Одан бөлек тамақ істейтін, кір жуатын, азық-түлік сақтайтын орындар бар.

37 адамды жұмыс орнымен қамтитын балабақшаға Кәтия апа есімі берілген. Бұл Құсбековтер әулеті үшін қастерлі адам. Кәтия апа Жетісу өңіріне танымал әулие болған. Ол кісінің аруағы қолдап, даналығы жас ұрпаққа дарысын деген ниетте есімі балдырғандар мекеніне беріліп отыр.

Балабақшаның ашылу салтанатына қатысқан Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев Елбасының тапсырмасымен жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтіп, жыл соңына дейін қала бойынша 12 балабақша ашу жоспарланғанын, соның бірі осы қуанышты сәт екендігін жеткізді. Балабақшаға теледидар мен ойыншықтар тарту етті.

Осынау игілікті істің ұйытқысы болып, басы-қасында жүрген Талдықорған қалалық білім бөлімінің басшысы Болат Тұрысбеков:

– Әр балабақшаны ашқан сайын өзіміз баладан бетер қуанамыз. Балабақша ашу – қаншама ата-анаға, балаға қуаныш сыйлау, бүлдіршіндердің болашағына жарқын негіз қалау. Қала бойынша бүгінге дейін 50 балабақша жұмыс істеп келсе, бүгін 51-і есігін ашып отыр. Оның 16-сы мемлекеттік, 35-і жекеменшік. Балдырғандарды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көрсеткіші 85 пайызды құрайды. Үш жастан бастап есептесек, әлі 4 мың бала кезекте тұр. Оларды да бақшамен қамтитын күн алыс емес. Бұл орайда балабақша ашуға ниетті кәсіпкерлер қатарының көбейіп келе жатқаны қуантады. Осы қарқынмен жалғасар болса, жеткіншектерді 100 пайыз мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды 2020 жылға дейін емес, 2019 жылы-ақ жүзеге асырамыз. Биылдың өзінде он шақты жекеменшік, 320 орынды бір мемлекеттік балабақша пайдалануға беріледі, – деді.

Бүгінде шеткері аудан тұрғындарын қуанышқа бөлеген балабақшаның тұсауын Кәтия әулиенің үлкен қызы, зейнеткер апамыз Ырысхан Сәмиева қиып, Серік Толғанбаев ақсақал бата берді. Бүлдіршіндер әнбиден шашу шашты.

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ел жүрегі – Астана

Жұртымыздың мақтанышына айналған Астана қаласы күн өткен сайын жанданып, көздің жауын алар ғимараттарымен қадірі аспандап келеді. Республикамыздың әкімшілік орталығы ғана емес, алыс-жақын шетелден азаматтар ағылып келіп, аралап, демалып қайтатын көрнекті орындардың біріне айналған бас қаламыздың туған күнін бүкіл қазақ елі болып тойлады.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Астананың туған күніне орай Талдықорған қаласындағы Достық үйінің акт залында «Астана – мақтанышым» атты мерекелік шара өтті. Оған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай, Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының директоры Тәңірберген Қасымберкебаев және Жетісудың белгілі ақындары мен түрлі этнос өкілдері қатысты. Кештің шымылдығын тілінен бал тамған бүлдіршіндердің жалынды өлең шумақтары ашып, баршаға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ыстық лебіздерін арқалап сахна төріне Ғабит Тұрсынбайұлы мен облыстық «Күміс тамыр» қытай этномәдени бірлестігінің төрайымы Людмила Мазова шықты.

– Достық үйінде бірнеше жылдан бері осы мерекені атап өту дәстүрге айналды. Этномәдени орталықтарымыздың өкілдері – осы жердегі ұжымдар бұл күнді жыл сайын ерекше бір ықыласпен, дайындықпен қарсы алады. Бүгінде біз Астана күні қарсаңында сіздермен басқосып отырмыз. Ақындарымыз жырдан шашу шашса, перштедей бүлдіршіндеріміз өнерлерін тарту етеді. Қазақстанның бейбітсүйгіш ел екендігі бүкіл әлемге әйгілі болуда. Бұл дегеніміз, жақсылықтың белгісі және өсіп-өркендеп келе жатқандығымыздың көрінісі. Сондықтан да еліміздің ертеңі жарқын болары хақ. Біз бірлесе отырып осы Ұлы Даланың Мәңгілік Елін құрамыз, – дей келе, Ғабит Тұрсынбай жиналған қауымды Астана күнімен құттықтады.

Концерттік бағдарлама аясында Астана жайында ән айтылып, мың бұрала би биленді. Әр ұлттың өнеріне тәнті болып, таңдай қағыстық. Мерейлі мерекеге арнап облыстық Сүйінбай атындағы филармониясының әншісі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Бақытгүл Әбенова бірнеше ән орындап, көңілімізді жадыратты. Сондай-ақ, ақындардың Елордаға арнаған жалынды жырлары көптің қошеметіне бөленді.

Кеш соңында Тәңірберген Қасымберкебаев мерекеге өзіндік үлесін қосқан ақындар Айдын Көлімхан, Жангелді Немеребай, Гүлбақыт Қасен, Сағынып Намазшамова, Құралбек Сәбитов, Мәгрипа Сандуғаш, Салтанат Құмархан және Торғын Тұрлыбекованы арнайы Алғыс хатпен және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ



Сенатор Аңсар МҰСАХАНОВ пен аудан әкімі Жандарбек ДАЛАБАЕВ (ортада) егін алқабында диқандармен дидарласты.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Аңсар МҰСАХАНОВ Қазыбек бек бекетіне қарасты аумақта жайқалып тұрған егін алқабында болды. Сенаторды аудан әкімі Жандарбек ДАЛАБАЕВ пен Теміржол селолық округінің әкімі Қайратхан МӘДІҒҰЛОВ жергілікті жерде атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.

Диқандармен дидарласу

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Күрті жазығында биыл егіннің бітік шыққанына куә болған халық қалаулысы осында еңбек етіп жатқан жұмысшылармен тілдесті. Бірер күн бұрын ғана арпа оруды бастаған диқан-механизаторлар мұнда дала төсін еңбек дүбіріне бөлеу үстінде. Жалпы Теміржол селолық округі бойынша биыл барлығы 1800 гектар арпа, 600 гектар бидай себіліпті. Белуардан келетін астықтың (суретте) түсімі көңіл тоғайтады, гектарына 25-30 центнерден айналып жатыр. Комбайн бункерінен құйылған алтын дән жүк көлігінің қорабын лезде толтырады. Ауылда қазір алты комбайн астық ору науқанына тартылыпты.

Диқандармен жылы жүзді дидарласу кезінде оларды еліміздің заң шығарушы органының қызметінен хабардар еткен Аңсар Тұрсынханұлы дала еңбеккерлерінің жағдайын сұрап біліп, олардың ой-пікірлерін тыңдады.

Қазыбек бек бекеті, Жамбыл ауданы.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Әбдіманап БЕКТҰРҒАНОВ Жетісу жеріне келген сапарында «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында салынып жатқан құрылыс нысандарына барып, мәселенің мән-жайын білді.

Құрылыс алаңын аралады

Қажет АНДАС

Халық қалаулысы алдымен Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзек кентінде салынып жатқан мектеп құрылысына ат басын тіреді. Жалпы, сарыөзектік балғындардың үш ауысымда оқу қиындығын түбегейлі шешеді деп күтілген нысан жұмысының жоспарға сай атқарылып жатқанын көрген депутат ауылды жерлердегі білім ошақтарын заман талабына сай жабдықтап, ұрпақ болашағына баянды жол ашудың кезекті жоспарларымен бөлісті. Қаратал ауданының орталығы Үштөбе қаласында салынып жатқан 320 орынды балабақша құрылысының сапасына ризашылығын білдірді. Нысанның бас мердігері «ТОЛАGAI – 2050» ЖШС-нің жұмысшыларына сапалы жұмыс атқаруды тапсырды. Аудан әкімі Қайрат Бисембаевтан аудан балаларын мектепке дейінгі білім беретін мекемелерімен қамту деңгейінің 87 пайызға жеткенін естіген ол бұл көрсеткішті жоғары бағалады. Алайда Талдықорғанда былтыр тапсырылуы тиіс болған көпқабатты бес үйдің жағдайына депутаттың көңілі толмады.

Сол үйлердің құрылыс алаңына келген Әбдіманап Бектұрғанов алдымен «Байтерек девелопмент» АҚ және тиісті мекеме басшыларынан нысанның неліктен салынбағанын сұрап білді. Олардың айтуынша, өткен жылдың басында қабылданған «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы аясында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын нығайту, сумен және жылумен жабдықтау желісін жаңғырту мәселелері бойынша облысымызда Талдықорған қаласындағы 3, Панфилов ауданындағы 1, Қапшағай қаласындағы 5, жалпы 11 нысанды тұрғызу жоспарға енген. Оған мемлекеттік бюджеттен 4 081,6 млн. теңге бөлініп, қауырт жұмыс қолға алынған. Сол қатарда қаламыздың №6, №7-ші шағын ауданында «КИК» АҚ жобасымен көлемі 18 094 шаршы метр 55 – 60 пәтерлі, жалпы сомасы – 2 363,622 млн. теңгені құрайтын бес тұрғын үй бой көтермекші еді. Үйдің құрылысы жоспар бойынша өткен жылдың маусым айында басталып, жылдың аяғында пайдалануға берілуі керек болған. Өкінішке қарай, жан-жағы қоршалған құрылыс аймағының орнында бүгінде сорайған бес-алты қазықтан басқа түк жоқ.

Бұл үйлердің құрылыс жұмысын Қазақстан ипотекалық компаниясы атынан «Байтерек девелопмент» АҚ-нің тапсырысы бойынша «ISHEDO Energy» ЖШС алса, техникалық байқауға «Building consulting compapy» ЖШС, ал авторлық қадағалау міндетіне «Оркен-Проект 2008» ЖШС жауапты болған. Қазығы қағылған құрылыстардың жұмысы басталып сала тоқтады. Мердігер компания түрлі сылтау айтып, жұмысты артқа шегере берді. Әу бастағы жұмыс ырғағы көңіл көншітпеген нысанның аяғы арыз-шағым мен дауға ұласқан. Сонымен 2015 жылы қарашаның 6-ы күні құрылысқа ақша бөлген «Байтерек девелопмент» АҚ Астана қаласындағы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына мердігер компанияның құқығын шектеп, бөлінген қаржыны кері қайтару туралы арыз түсірген. Сот шешімімен экономикалық дау «Байтерек девелопмент» АҚ пайдасына шешілген. Өкініштісі, мердігер компания өз жауапкершілігін орындау былай тұрсын, алдын ала берілген 700 миллион теңгені қайтармай отыр. Аударылған қаржы кері қайтарылмай, сот ісі толық аяқталмағандықтан «Байтерек девелопмент» АҚ қайтадан тендер жариялауға мүмкіндік таба алмай отыр. Аталған акционерлік қоғам дирекциясының директоры Бауыржан Айтымбетов сот ісінің жақында аяқталып, жаңа мердігер компания анықталып, құрылыстың қарқын алатынына сенім білдірді. Бірақ екі жылдан бері беріліп келе жатқан уәденің орындаларына көпшілік күмәнді.

Аяқсыз қалған нысандар сол аймақтың инфрақұрылымын жасауға кедергі келтіруде. Тіпті, бұл мәселе бүгінгі таңда облыс әкімдігін де алаңдатып отыр. Себебі, қаланың №6, №7-ші шағын аудандарындағы көпқабатты үйлердің жарық, жылу желілері және басқа да коммуникациялық қызметтері осы үйлерге қатысты болып отыр. Әбдіманап Бектұрғанов нысанды аралау барысында осы орайдағы келеңсіздіктерге де назар аударды. Сондай-ақ, алдағы уақытта ҚР Бас прокуратурасына депутаттық сауал әзірлеп, мәселенің оң шешімін табуына ықпал ететінін білдірді.

Әлем тынысы

ЖҮКТІ ӘЙЕЛГЕ ОРЫН БЕР



Оңтүстіккорея-лық өнертапқыш-тар жүкті әйелдер-дің қоғамдық көлікте жол жүруін жеңілдететін жаңаша құрылғы ойлап тапты.

Электронды құрылғы метро пойыздарының вагонына аяғы ауыр әйелдің кіргенін анықтап, өзгелердің оған орын беруі керектігін ескертеді. Жүйе «қызыл түс» деген атау алған. Пусан қаласының жүкті әйелдері енді метро вагондарынан емін-еркін орын таба алады. Олардың әрқайсысына Bluetooth технологиясымен жабдықталған қызыл түсті белгі таратылған. Сол арқылы олар вагонға кірсе болды, жүкті әйелдің кіргені туралы қызыл белгі жанып, азаматтарға орын беру керектігін ескертеді. Алдағы уақытта шаһар билігі жаңа құрылғыны барлық қоғамдық көлікке қоймақшы.

ЛОНДОНДЫ ТҰМШАЛАҒАН ТҮТІН



Зерттеу жүргіз-ген ғалымдар Лон-донда көп адам-ның мерзімінен бұ-рын көз жұмуына әкеліп соқтырған 1952 жылғы түтін-нің бүгін де адам-дардың ағзасына кері әсер етіп жатқанын анықтады.

Балалардың көбі демікпемен дәрігерге жүгінгендіктен, алпыс төрт жыл өткеніне қарамастан, ғалымдар оның салдарын байқады. 1952 жылы желтоқсанда бес күн бойы қаланы қалың тұман басып, түтін тұмшалады. Ғалымдар ауа құрамын зерттеп, оны алпыс жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырды. Осылайша, түтіннің әлі де адамдардың денсаулығына әсер ететіні анықталды. Ел билігі болса ауаның ластану деңгейі туралы ақпаратты жасыруға тырысқан. Алайда ғалымдар адамдардың өлім-жітімінің улы түтін басу оқиғасымен байланысы бар екеніне сенімді.

ЗАҒИПТАР ҮШІН АШЫЛҒАН БАҚ



Жазғы көк-майсаны тама-шалап, гүлдерді ұстап көру мәс-кеулік зағип жан-дар үшін мүмкін емес нәрсе еді. Енді Мәскеуде зағип және құлағы естімейтін жандарға ар-налған ерекше бақ ашылды.

Олар жапырақты өз қолдарымен ұстап, иісін сезініп, тіпті, дәмін де татып көре алады. Экскурсияда хош иісті жалбыз немесе иваншайдың дәрілік қасиеттері туралы айтылады және арнайы тақтайшадан ақпараттарды оқуға болады. Мұның бәрі келушіге табиғатпен етене байланыс орнатуға көмектеседі. Шөп үстінде жатып, тас мүсіндерге қол жылытып, субұрқаққа қол жууға болады. Мүмкіндігі шектеулі жандар бақ ішінде өздері немесе волонтердің көмегімен қыдыра алады.

150 ЖЫЛ САҚТАЛҒАН ДӘМ



АҚШ тұрғыны 150 жыл бұрын-ғы крекерді же-ген видеосын YouTube желісіне жариялады.

Ер адам печеньенің жартысын жеп, қалғанын суға салады. Крекерді жұмсақ әрі дәмді ету үшін суға 30 жыл бұрынғы ерігіш кофе қосады. Ролик авторының айтуынша, печенье АҚШ-тағы азаматтық соғыс кезінен қалған. Ол Солтүстік штаттар әскерінің құрғақ тағамы (жеке тағам рационы) құрамында болған. Алғашында печенье иесі тағамды музейге өткізгісі келген, кейінірек өзі жеуге шешім қабылдаған. Мекеме өкілдері де крекерді жұрт көзінше жеу идеясын қолдаған.

ӘКЕ МЕН БАЛА ӨРКЕНИЕТКЕ ОРАЛДЫ



Вьетнам соғы-сы (1956-1975) жылдары амери-кандық бомбалау-дан орманға қаш-қан әке мен ұл Вьетнамның орта-лық провинциясы Куангнай орманында 40 жыл өмір сүрген.

Ең алғаш қашқындарды туысы іздеп тапқан және оларды өркениетке қайтаруға тырысқан. Олармен тілдесу мүмкіндігі туғанда олар өздері туралы, ормандағы өмірі туралы баяндап берді. Хо Ван Тхань шетелдік басқыншылардан тәуелсіз болу үшін коммунистер жағында күрескен. Бірақ, 1972 жылы АҚШ әскери әуе күштерінің алапат бомбалауына тап келіп, кішкентай ұлы Хо Ван Лангты алып орманға қашқан. Қазір жасы елуге келген Хо Ван Лангтың заманауи өмірге бойы үйренді. Ол кішігірім жер теліміне егін егіп жүр және жақын арада үйленбек те ойы бар.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Жаңа жоба таныстырылды

Кейінгі кездері жаңа нысандардың сәулетіне, өңірге сән беретін көркемдігіне, тұрғындардың тіршілік етуіне ыңғайлылығы мен сапасына ерекше назар аударылатын болды. Сондықтан құрылыс басталмас бұрын нысанның жобасын әбден саралап, сараптап алу дәстүрге айналды.

Осыған орай өткен аптада облыс әкімдігінің үлкен жиынжайында алдағы уақытта өңірімізде салынатын сәулеті мен салтанаты сай 8 нысанның жобасы таныстырылды. Облыстық мекеме басшылары, Қазақстан Сәулетшілер және Дизайнерлер одақтарының мүшелері мен аудан, қалалардың бас сәулетшілері шақырылған шараны облыстың бас сәулетшісі Дәркен Нұржанов жүргізіп отырды.

Шара аясында сәулетшілер алдымен өңірімізде салынып біткен, құрылысы жүріп жатқан нысандардың жағдайы мен алдағы уақытта атқарылатын жобалар туралы ақпарат беріп өтті. Келесі кезекте жобалаушы кәсіпорын өкілдері жаңа жобаларын таныстыруға мүмкіндік алды. Сол қатарда «BI-ZONE TRADE» ЖШС жобалаған автотұрақ, «AQUA-ENGINEERING» ЖШС жобалаған қызметтік ғимарат, қойма құрылысы, «Виктор-Проект» ЖШС жобалаған автожуу, кафе, дүкен кешені, «B.I.G Engineering» ЖШС жобалаған ұлттық үлгідегі мейрамхана, «Геосәулет» ЖШС жобалаған тұрмыстық техникаларды сату комплексі, «PSI ENGINEERING» ЖШС жобалаған Боралдай зауытының металл құрастыру орталығы көпшіліктің көңілінен шықты.

Осыған дейін де талай маманның алдынан өтіп, сансыз өзгерту мен түзету, толықтырулар жасалған, әбден иіні қанған жұмыстардың бізге кемшіліксіз сезілгені рас. Алайда, елімізге танымал сәулетшілер мен жобалаушылардың сынағына түскенде олардың кейбір олқылығы айқындалып, кемшін жерлері белгілі болып жатты. Сараптау барысында әр жобаның қала мен елді мекендердегі жол қауіпсіздігі ережесін сақтау мен елді мекеннің сәулетіне тигізетін кері әсері туралы сын-ескертулер берілді. Соған орай жобаға құрылыс жұмысын жүргізу барысында түзетулер енгізу тапсырылды.

Қ. ОМАРАҚЫН.

БРИФИНГ

2014 жылдың желтоқсанында шетелдік жерсеріктерден ақпараттық сыйымдылықтарды жалға алудан бас тарту арқылы елден қаражаттың жылыстауының алдын алатын және елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қазақстандық «KazSat-3» жерсерігі іске қосылды.

«KazSat-3» қызметі тиімді

Еңлік САҒЫНДЫҚОВА

«Қазтелерадио» АҚ соған орай телерадио хабарларды таратудың Ұлттық операторы ретінде өзінің санды сигналының хабар таратуын отандық жерсерікке көшіруде. Бүгінгі таңда қандай нәтижелерге қол жеткізілді және оған көшудің маңыздылығы неде? Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қазтелерадио» АҚ Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өңірлік филиалының басшысы Жанар Тұрысбекова айтып берді. Спикер жалпы қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне қосылып үлгеру қажеттілігінің 7 себебін тарқатты.

– 2016 жылдың 15 наурызынан біз «OTAU TV» жерсеріктік телевизия абоненттерін отандық «KazSat-3» жерсерігіне көшіруді бастадық. Бұл қадам арқылы отандық телерадио арналары қаражаттарын айтарлықтай үнемдейді. Өйткені келісімшарттар теңгемен жасалады және шетелдік валютаның бағамына байланысты емес. Сондай-ақ, отандық жерсерікте сыйымдылықтарды жалға алу құны шетелдік жерсеріктерге қарағанда анағұрлым төмен. Осылайша, біз ел экономикасының дамуына септігімізді тигіземіз. Қазіргі таңда «OTAU TV» қызметтерін 1 миллионнан астам абонент қолданады. 2016 жылдың қыркүйегіне дейін олардың әрқайсысы шетелдік жерсерікті өшіргеннен кейін телевизия арқылы ақпарат алудан айырылып қалмау үшін жерсерікті жабдықты қайта реттеуі тиіс, – дейді Жанар Тұрысбекова.

Жалпы, осы тақырып жөнінде толығырақ мәліметтерді www.otautv.kz және www. kazteleradio.kz интернет-ресурсынан біле аласыз.

МАМАН МІНБЕРІ

Жосықсыз бәсекелестік

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментімен «Alina Management» ЖШС-нен келіп түскен шағымның негізінде «Нұрасыл Строй» ЖШС-не қатысты құрғақ құрылыс қоспаларын шығару және өткізуде бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуына тергеу жұмыстары жүргізілді.

Тергеу барысында, «Нұрасыл Строй» ЖШС «PRIMER» тауар белгісін заңсыз қолданып бояулар шығарып, өткізгені анықталды.

«Alina Management» ЖШС мен «Нұрасыл Строй» ЖШС арасында «PRIMER» тауар белгісін қолдануға құқық беретін лицензиялық келісімшарт болмаған, «PRIMER» тауар белгісі «Alina Management» ЖШС-де Қазақстан Республикасы тауар белгілері мемлекеттік тізілімінде №34648 куәлігімен тіркелгенін айта кеткен жөн.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 177-бабына сәйкес құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды беруге бағытталған бәсекелестіктегі кез келген әрекеттер жосықсыз бәсекелестік болып табылады. Жосықсыз бәсекелестікке тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ, авторлық құқық объектілерін дараландыру құралдарын құқыққа қайшы пайдалану жатады.

Кодекстің 178-бабына сәйкес бөгде тауар белгісі мен қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауды, тауар шығарылған жердің атауын немесе біртекті тауарлар үшін олармен ұқсас белгілерді заңсыз пайдалану болмаса құқық иеленушінің рұқсатынсыз әдеби, көркем шығармалардың, мерзімді басылымдардың атауларын пайдалану авторлық құқықты бұзу болып табылады.

Осылайша «Нұрасыл Строй» ЖШС әрекетінде тауар белгісін заңсыз қолдануда, бәсекелестікті қорғау саласында заңбұзушылықтың фактілері анықталды.

Тергеу нәтижесі бойынша «Нұрасыл Строй» ЖШС ӘҚБтК-тің 163-бабының 2 бөлігімен әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 200 АЕК көлемінде айыппұл төлеу әкімшілік жазасын өтейтін болды.

Д. КАЛИБЕКОВ,
ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің облыс бойынша департаментінің тергеу және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы.

ТІЛ – ТІРЕГІМ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС

Тіл сарайында мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының 2016 жылдың I жартыжылдығы бойынша атқарған жұмыстары жөнінде қорытынды жиын өтті.

Шараға басқарма қызметкерлері, облыстық «Тіл» оқыту-әдістемелік орталығының, аудандық, қалалық филиалдардың меңгерушілері мен оқытушылары қатысты.

Жиын барысында ең әуелі облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Ахмет Кендірбекұлы мемлекеттік тілді оқыту орталықтары жұмысының маңызы мен өзара міндеттеріне жеке-жеке тоқталды. Талғар және Қарасай ауданындағы жекешеленіп кеткен орталықтардың бүгінгі жағдайы жайлы баяндады.

– Бізге өңір әкімі тарапынан көп көмек берілуде. Мәселен, биылғы жылы тілдерді дамыту үшін облыс әкімінің қолдауымен қомақты қаржы бөлініп, бүгінгі таңда игерілу үстінде, – деді Ахмет Кендірбекұлы.

Кездесу барысында үш мәселе қарастырылды. Айталық ұйымдастыру жұмыстары және бөлінген қаржының игерілуі жөнінде облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының директоры Әлмұхамбет Иманбақов баяндама жасаса, оқу-әдістемелік жұмыстарды үйлестіру жолдары жайына аталған орталық директорының орынбасары Анар Абдрахманова тоқталды. Ал үшінші мәселе – мемлекеттік тілді оқыту орталықтарына оқу-әдістемелік құралдардың таратылуы турасында облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың кітапханашысы Сайрагүл Ескендір баяндады.

Осы ретте Сарқан, Іле, Алакөл, Ұйғыр, Еңбекшіқазақ сынды бірқатар аудандардың алғашқы жартыжылдықта жіберген кемшіліктері сын-садаққа ілініп, оларға алдағы уақытта кеткен олқылықтардың орнын толтыру керектігі айтылды.

Бұдан әрі шара соңы «Тіл үйретуде инновациялық және интерактивті әдіс-тәсілдерді» қолдану атты облыстық әдістемелік-практикалық семинармен жалғасты.

Қ. ӘБДІҒАПАР.

АКЦИЯ

ТОҚТА және СӨЙЛЕС

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Талдықорған гарнизоны әскери полиция бөлімінің жеке құрамы, Үштөбедегі әскери бөлімдер мен мекемелер «Тоқта және сөйлес» айлық акциясын бастады.

Гарнизонда, әскери бөлімдер мен әскери мекемелерде болып жатқан ақпараттарды алып, қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық жасалғаны немесе дайындалу туралы деректерді анықтау, әскери полиция органдарының сенімін арттыру мақсатында ұйымдастырылған шараға қызметкерлер бір кісідей атсалысты. Сонымен қатар, қалада орналасқан барлық әскери қалашық пен жатақханаға Талдықорған гарнизоны әскери полиция бөлімінің басшылық құрамының сенім телефоны жазылған парақшалар ілінді. Отан алдындағы әсери борышын аяқтап келген мерзімді әскери қызметшілер акция жөнінде пікір алмасты.

Н. ДОСЫМБЕКОВ,
Талдықорған гарнизоны Әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің офицер анықтаушысы, әділет лейтенанты.

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАНДАР

КЕМШІЛІККЕ КЕҢШІЛІК БОЛМАЙДЫ

Талдықорған қаласы күн сайын гүлденіп, түрленіп келеді. Сәулетіне салтанаты сай құрылыстар қаланың ажарын ашып, барымыздың бағасын арттыруда. Сондай-ақ, жыл сайын қыруар қаржы бөлініп, қала ішіндегі жолдар мен жылу, жарық желілерін жөндеуден өткізу және инфрақұрылымды нығайту жұмысы да жүйелі жүргізілуде. Иә, миллиардтаған қаржының есебімен атқарылып жатқан жобалардың келешегі кемел. Сондықтан бұл орайдағы жұмыс барысы тиісті мекеме, басқармалардың жіті қадағалауында. Дей тұрғанмен, баянды істің бағасын қашыратын кемшіліктер де жоқ емес. Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ осы мәселелерге орай облыс орталығындағы құрылыс жұмысы жүріп жатқан бірнеше нысанды аралап, кезіккен келеңсіздіктерге ескерту айтты.



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ.

Қажет АНДАС

Өңір басшысы ең алдымен Талдықорған әуежайына ат басын тіреді. Нысанның төбесін, тағанын, қабырғасын, сыртқы қасбетін толығымен ауыстырып, 1-2-қабаттың ішкі безендірілуі мен құрылымын толықтай өзгерту «Нұр – Шапағат құрылыс» ЖШС-не жүктелген. Сонымен қатар, әуежайдың мүмкіндігін арттыру үшін негізгі ғимараттың жанынан жаңадан VIP зал бой көтеріп, ол жерге жиынжай, әуежай қызметкерлеріне арналған кабинеттер, қонақтарды күтіп алып, шығарып салатын арнайы орындарды салу жұмысы да соларға берілген. Жоспар бойынша құрылыс жұмысы мамыр айының ортасында басталып, келесі айдың соңында пайдалануға берілуі керек еді. Өкінішке қарай, нысанның қазіргі жағдайы көңіл көншітпейді. Мердігер компания басшылары уәдесін орындайтындықтарына қанша сендіргісі келгенімен әлі де жұмыстың тең жарымы орындалмаған нысанның уақытында бітетініне ешкім кепілдік бере алмады. «Адам санын көбейтіп, жұмыс қарқынын тездетіп, құрылысты уақытында аяқтаймыз» деген түрлі сылтау айтуға әдеттеніп алған мекеме мамандары осыдан біраз бұрын облыс әкімі көрсеткен кемшіліктерді де түзетпеген. Сондай-ақ, VIP залдың айналасында көзге көріксіз, көңілге толымсыз көріністер жетерлік. Әсіресе арамшөп қаулап өскен аула, күтімсіз тұрған ағаштар, жүргіншілер жүретін жолдың сұрықсыз келбеті өңір басшысының сынына ұшырады. Облыстың бас сәулетшісі Дәркен Нұржанов түрлі түсті сызбаны көрсетіп, ауланың алдағы уақытта адам танымастай өзгеретін дәлелдегісі келгенімен көкке қол созған жастық жігерді әйгілеп тұр. Десе де, бұл маңдағы абаттандыру жұмыстарының әлі де талапқа сай еместігі байқалады. Аллеядан шашылған топырақ ары-бері өткен жүргіншілерге қиындық тудыратын көрінеді. Ал аллеяның маңындағы аумақтың тазалығы мен әдемілігіне де назар аударылмағаны анық. Өңір басшысы мердігер компания өкілдеріне осындай кемшіліктерді көрсетіп, тез арада жөндеу керектігін тапсырды.

Облыс әкімдігі «Өңірлерді дамыту – 2020» және «Жаңа индустрияландыру» бағдарламасы аясында қаланың солтүстік-шығыс аумағынан 120 гектар жер бөліп, индустриалды аймақ құру жобасын қолға алды. Бұл облыстағы 6 ірі жобаның бірі ретінде қарастырылып отыр. Алайда, бұл аймаққа инвесторларды қызықтыру үшін оның инфрақұрылымын жақсарту керек. Сол себепті облыстық әкімдік аталған аймақтың су, жарық, жылу желілері мен өзге де коммуникациялық қызметтерін облыстық бюджет есебінен жасап беруді қолға алды. Бүгінде мақсатты жұмыстың дені орындалған. Алайда, индустриалды аймақтың жол құрылысына жауапты «Талдықорған жолдары» ЖШС-нің жұмысына өңір басшысы қанағаттанбады. Өйткені кезіндегі жоспар бойынша салына бастап, құрылысы тоқтап, қаңқасы қалған ғимараттарды бұзып, ойлы-шұңқыр жерлерді түзету жұмысы қолға алынбаған. Осыған орай облыс әкімі Амандық Баталов қала әкімі Бағдат Қарасаевқа аталған кемшіліктерді тез арада түзетуді тапсырды және бұл орайдағы жұмыстарды қадағалап отыруды міндеттеді.

Қаратал өзені бойындағы аллеяны аралап шыққан Амандық Ғаббасұлы бірнеше жылғы тынымсыз жұмыстың бүгінгі нәтижесін көріп, ризашылығын білдірді. Айта кетерлігі, аумағы атшаптырым аллеяда бәрі бар. Отыруға ыңғайлы орындық, жайқалып өскен жас желек, көлеңкесінде көлемді іс-шара атқарауға ыңғайлы шатыр, тақтайдай төселген жол, балалар ойнайтын құрылғылар, спорттық шараға ыңғайлы дайындық алаңы көңіл қуантады. Оның әрбір тасында, жас желегінің өзегінде қаламыздағы «Шымыр» ЖШС жұмысшыларының қол табы сайрап тұр. Бір өкініштісі, бұл жерде бірде-бір дәретхана салынбапты. Бұл кемшілік алдағы уақытта жөнделеді деп сендірді мердігер компания өкілдері. Ал Қаратал шағын ауданында бой көтерген үш жүз төсектік көпсалалы ауруханаңың құрылыс жұмысы бітіп тұр. Медициналық мекеменің травматология, хирургия, нейрохирургия, офтальмология, эндокринология, неврология және пульманология мен терапия бөлімдері заманауи талапқа сай бой көтерді. Жалпы құны 8,3 млрд. теңгені құраған нысанның бас мердігері «Астана–құрылыс» ҰК» АҚ жұмысты сапалы әрі уақытында бітіріп берді. Өкінішке қарай, дәл бүгінде жұмыс істеп тұруға тиісті медициналық мекеменің құрал-жабдықтарының уақытында жеткізіліп, орналастырылмағаны және онда жұмыс істейтін қызметкерлерді іріктеп, қызмет міндетін жүктеу жұмысының кешіктірілгені себепті нысанды ашу жұмысы кешіктіріліп келеді. Оның себебін тиісті сала басшыларының жауапсыздығынан деп қарастырған өңір басшысы орынбасары Бақтияр Өнербаев пен облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқан Байдувалиевке сөгіс берді.

Қазір қалада құрылыс жұмысы қызу жүріп жатыр. Жол жөнделіп, жарық пен жылу желілері тартылып, жылу қазандықтары жөндеуден өткізілуде. Бір қызығы, осындай жобаларды жауапкершілігіне алған мекемелер жұмыстың сапасын ғана ойлайды да, көркемдігін көп ескере бермейді. Жансүгіров көшесін жаяу аралаған өңір басшысы жол жиегіне ретсіз қойылған жиектастар мен жол бойында салынып жатқан заңсыз құрылыстарды қатаң сынға алды. Әсіресе, «Құс жолы» кешенінің қатарынан орын тепкен қосымша құрылыстың талапқа сай келмейтінін ескертіп, оның иесін тауып, түсіндіру жұмысын жүргізуді қала басшысына тапсырды. Тіпті, қаладағы арық жүйелерінің бүлініп, ағынды су болмағандықтан ауладағы жасыл желектердің құрап бара жатқанын тілге тиек ете келіп, қала ішіндегі арық жүйелерін ретке келтіруді айрықша міндеттеді.

Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы жеке инвесторлардың да қызығушылығын тудыруда. Мәселен, қазіргі уақытта оңтүстік-батыс тұрғын ауданында жеке инвестордың есебінен 16 қабатты қонақүй құрылысы жүргізілуде. Жоба аяқталысымен 100-ге жуық талдықорғандық тұрақты жұмыс орнымен қамтылады. Қаланың сәулетін ашатын ғимараттың маңайында жаңа аллея құрылып, демалатын орын ойластырылмақ. Облыс әкімі соған орай безендіру-монтаждау жұмысы басталған аталмыш қонақүйге де бас сұқты. Жалпы, құрылыс жұмысының үйлесімділігін назарға алған өңір басшысы ондағы кейбір кемшіліктерді де көрсетіп, нысанның алдын абаттандыруға қатысты қалалық мекемелерге ескерту жасады. Ең бастысы, қалаға кіреберісте орналасатын құрылыстың ішкі беріктігімен қатар сыртқы сәулетіне ерекше ден қоюды тапсырды.

Сәулет демекші, облыс әкімі Амандық Баталовтың тікелей қолдауының арқасында Талдықорғанда жаңа драма театры, көрме залы, Салтанат сарайы, жабық бассейн, теміржол вокзалы сынды жобалар қолға алынуда. Бұл жолы Амандық Ғаббасұлы құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатқан Көрме залы мен Салтанат сарайының қазіргі жағдайымен танысып шықты. Ондағы жұмысшылардың қарқыны мен шеберлігіне ризашылығын білдірген облыс әкімі нысанды уақытында бітіріп, ел игілігіне беру керектігін тапсырды. Осыдан кейін облыс әкімі Алматы – Талдықорған күре жолының бойындағы коттеджді қалашықтың жағдайымен танысты. Осы жерде көпшіліктен түскен сұрақтарға жауап бере келіп:

– Біз қандай жұмыс бастасақ та, қала тұрғындарының игілігі үшін қолға аламыз. Сондықтан, бұл әр кез назарда болады. Шаһар өзінің тазалығымен және жасыл желегімен ерекшеленеді. Сондықтан, құрылысы жүріп жатқан барлық ғимараттың айналасы абаттандырылып, көгалдандырылуы тиіс. Жаңа отырғызылған көшеттерді күтіп-баптау ісін мамандардың жүргізгені жөн. Құрылысқа сапалы бұйымдар пайдаланылып, оның ережелері мен нормалары қатаң сақталуы қажет. Талдықорғанның кіреберісінде бой көтеріп жатқан нысандар өзінің көркемдігімен көз тартып тұруы керек, – деді өңір басшысы.

Амандық Ғаббасұлы әр нысандағы жұмыстың сапасына айрықша мән берді. Қателіктерді қатаң сынға алып, салаға жауапты орынбасарлары мен мекеме, басқарма басшыларына, құрылыс компанияларының өкілдеріне көрсетілген кемшілікті белгілі уақыт шегінде түзетуді тапсырды.

Әлем тынысы

РИО ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ӘНІ



Оңтүстік Американың ең ажарлы қаласы Рио-де-Жанейрода өтетін бүкіләлемдік спорт додасына бір ай уақыт қалды. Жазғы Олимпиаданың құрметіне «Жан мен жүрек» деп аталатын жаңа ән шықты. Көңіл тербеген туындының авторлары – Тиагинью мен Прожота.

Ғаламторда тараған ақпаратқа сүйенсек, бұл шығарма – спорт сайысының ресми жаңа әні. Осыған орай бейнебаян да түсіріліп қойыпты. Мұнда Рио-де-Жанейро қаласының ең көрікті жерлері, олимпиадалық спорт кешендері көрсетіледі. Сондай-ақ, 10-12 жастағы мектеп оқушыларының жаттығулары түсірілген. Бейнабаянның сюжетінде төрт баланың спортпен шұғылданған көріністері бар. «Бұл ән Бразилияның өзі сияқты. Өнде халықтың ауыр күрес жолы, елдік жолында бүкіл барыңды, жүрегің мен жаныңды салу керектігі айтылады», – дейді авторлардың бірі, сазгер Тиагинью. Жаңа әнді Олимпиаданың ресми сайты да растап отыр.

ЭЙФЕЛЬ МҰНАРАСЫ ЖАБЫЛДЫ



Әлем назарын өзіне аударған үш ғасырлық тарихы бар Эйфель мұнарасы жұмысын тоқтатты. Париж қаласында орын алған бірнеше айдан бергі жұмысшылардың наразылығы ақыры туристердің қызығушылығына кедергі келтірді. Өкініштісі, мұнараның жұмысшылары әлі күнге дейін көшеде шеруде жүр.

Шеру қарсаңында Парижге әлемнен жүзден астам турист тек қана осы Эйфель мұнарасын тамашалау үшін келген еді. Енді олар мыңдаған шақырым қашықтықта қалған үйлеріне қайтуға мәжбүр. Париждегі бас мұнараның қызметкерлері еңбек заңының бұзылуына орай наразылыққа шыққан. Франция билігі ұсынған заң бойынша, жұмысқа қабылдау және одан шығару жолдары жеңілдейді, жұмыс сағатының саны артады және еңбекақы көлемі де қысқаруы мүмкін. Президент Франсуа Олландтың айтуынша, бұл шаралар соңғы жылдары деңгейі 10 пайыздан асып кеткен жұмыссыздықты қысқартуға мүмкіндік береді. Ал кәсіподақтар заң жобасы еңбеккерлердің мүддесіне аяқасты ететіндігін айтып дабыл қағуда.

ҚЫТАЙДА ТӨРТЕМ ТУДЫ



Іргедегі қытайлықтардың саны жылдан-жылға ұлғайып барады. Қытайдың Жичао қаласында жуырда төртем дүние есігін ашты. Тоғыз ай күткен төртемнің есімі де ерекше. Ата-анасы балаларын Сяодун, Сяонань, Сяоси және Сяобей деп атапты.

Сәбилердің анасы 27 жаста. Есімі – Ли Цзюань. Жары екеуі балалы болуды баяғыдан армандап келіпті. Алайда отасқандарына бірнеше жылдың жүзі өтсе де, шаңырақтан бала күлкісі естілмеген. Міне, енді сол бақытты шақ туды. Дәрігердің нұсқауымен ем-дом қабылдаған жас ана төртемді өмірге әкелемін деп еш ойламапты. Қазақшаласақ, төртемнің есімдері Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс және Батыс деген мағына береді. Төртемнің екеуі – ұл, екеуі – қыз. Ең кішкентайының салмағы шамамен 1,75 келі.

БЕЛАРУСЬ АҚШАСЫ АУЫСТЫ



Беларусь рублі ірілендірілді. Айналымда жүрген 2000 жылы шыққан банкноттар біртіндеп жаңа үлгілерге алмастырылады. Айналымға 7 банкнот номиналы және 8 монета номиналы еніп отыр. Бұлармен қатар төрт нөлді ескі ақшалар да айналымда болады.

Бүгінгі таңда қолма-қол ақшада мәселе туындап отыр. Карточкалар, банкомат, терминал, интернет-банкинг атаулы жұмыс істемей тұр. Заманауи технологиялардың игіліктері кейінірек қалыпқа келмек. Ескі ақшалар 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды. Ескі ақшаны 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап Беларусь Республикасының Ұлттық банкінде жаңасына ауыстыруға болады. Естеріңізге сала кетейік, беларусь рубліне алғаш рет деноминация 1994 жылы 20 тамызда жүргізілген болатын. Мұнан соң 2000 жылдың 1 қаңтарында өткізілді. Бұл кезде рубльдің тұрақты құны 1000 есе өзгерді.

БАРАК ОБАМАНЫ СОТҚА БЕРДІ



АҚШ-тың 17 штатының қоалициясы ел президенті Барак Обаманы сотқа берді. Мемлекет басшысы көші-қон реформасын Конгрестің қолдауынсыз бекітті деп айыптауда. Президенттің үстінен ең бірінші болып арызды Техас штатының коалициясы түсіріпті.

"Президент заңды белгіленген тәртіппен жүзеге асырудан бас тартты. Аталған заң алдымен Конгрестің қарауына жіберілуі керек болатын. Обама Конгрестің қолдауынсыз көші-қон реформасы туралы жарлыққа қол қоя алмайды", – дейді Техас штатының бас прокуроры Грег Эббот. Белгілі болғандай, коалицияға республикашылдар негізін қалайтын Алабама, Айдахо, Миссисипи және Юта штаттары кірген. Естеріңізге салайық, 22 қараша күні Барак Обама 5 миллиондай босқынның пайдасына көші-қон туралы реформаны бекіткен болатын. Яғни, аталған заң аясында елде заңсыз жүрген азаматтар кері қайтарылмайды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС СҮРІЛДІ

Ауданда заңсыз салынған құрылыстарды анықтап, бұзу жұмысы жанданды. Халық жиі шоғырланған орындарда жабайы сауданы тоқтату ісі де белсенді жүруде. Соның нәтижесінде Үзынағаш ауылындағы орталық базар төңірегінде ретсіз орналасқан 6 дүңгіршек алып тасталынды. Жуырда сәулет және құрылыс саласындағы уәкілетті органдардың ескертуінен кейін Қарғалы ауылында рұқсат етілмеген екі нысан сүрілді.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Осы ауылдағы Подгорная көшесі, 2/1 мекенжайындағы 24 пәтерлі көпқабатты үйдің жанынан Жанна Майданқызы есімді азаматша өзіне монша салып алған екен. Аудандық сәулет бөлімінің басшысы Айнұр Жұрынованың айтуынша, ешқандай рұқсат құжатсыз 12 шаршы метр моншаның үйге жапсарлас тұрғызылуы пәтер иелерінің де наразылығын тудырыпты. Себебі, жер телімі сол үйдің барлық тұрғындары үшін ортақ үлестегі меншік болып табылады. Үй қаптalындағы бұл учаске тұрғындардың баубақша егуіне арналған. Солай бола тұра оны бір ғана адамның жекебасына пайдалануы, әрине, заңға қайшы. Сондықтан, сәулет-құрылыс қадағалау мекемелері нысанды сүру туралы ұйғарым бергеннен кейін құрылыс иесі өзінің жөнсіз әрекетін түсініп, моншаны екі күннің ішінде өз еркімен бұзды.

Қарғалының орталық көшесіндегі бір кәсіпкердің әрекеті осыған ұқсас болғанымен оның рұқсатсыз салған моншасы бұдан әлдеқайда үлкен, заңды белден басуы да өрескел. Әсет Бейсеуов көшесінің бойында орналасқан «Бақыт» мейрамханасына тиесілі жер телімінің жанынан көлденеңі 9 метрлік су қоғау аймағы өтеді. Мемлекет меншігіндегі аталған учаске жеке тұлғаға берілмейді, соған сәйкес онда ешқандай жекеменшік құрылыс болмауға тиіс. Алайда, мейрамхана қожайыны мұны түсінгісі келмегенге ұқсайды. Шектес жатқан су қоғау аймағының дәл үстінен қоғамдық монша салып алғаны белгілі болды. Облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының бас маманы Болат Әбдиев оның заңсыз әрекеті қандай салдарға әкеп соғатынын дер кезінде ұғындырғанын кейін ғана кәсіпкер жалпы көлемі 9х25 метрлік нысанды өз еркімен бұзуға кірісті.

Құрылыс заңдылығының орындалу деңгейі бүгінде артып келеді. Қазір табыс табамын деп рұқсатсыз құрылыс жүргізетіндер пайда орнына өздері шығындалады. Бұрынғыдай әуелі салып аламын, сосын айыппұлын төлеп, заңдастырып аламын деуге келмейді. Заманмен бірге талап жаңаланып, тәртіп қатаңдап барады. Заңға қайшы келгендіктен төккен тер, құйған қаржы зая кететінін көп жұрт түсініп қалды. Дегенмен, білместіктен немесе білгісі келмегендіктен ара-тұра «қызыл жолақтан» өтіп кету, белгіленбеген жерге сауда нүктесін орналастыру сияқты жөнсіздіктер әлі де қылаң береді. Бірақ заңды білмеу жауапкершіліктен еш босатпайды. Сондықтан, іс бастамас бұрын алдымен оның заңдылығын қамдап алмаса болмайды.

Жамбыл ауданы.

МАМАН МІНБЕРІ

ҚЫЗМЕТ САПАСЫ – басты назарда

Әр саланың жұмысын жандандырып, ісін алға жылжытатын негізінен басқармалар мен департаменттер. Сондай органның бірі – Алматы облыстық әділет департаменті. Бұл мекеменің басты міндеті мен мақсаты Қазақстан Республикасының «Әділет органдары» заңында көзделгендей, халыққа тегін құқықтық көмек көрсетуді ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру. Заң талаптарын орындауда департаменттің әртүрлі саланы қамтитын 12 бөлімі жұмыла жұмыс атқарып келеді. Бүгінгі күні облыстық департамент халық игілігіне бағытталған 18 мемлекеттік қызметті ұсынады. Атап айтқанда жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, заңды тұлғаларды тіркеу, адвокатура және нотариат, апостильдеу, құқықтық түсіндіру және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімі халыққа тегін құқықтық көмек көрсетуде жоспарланған іс-шаралардың орындалуы мақсатында барлық бөлімдермен бірлесіп жұмыстар атқаруда.

Күнделікті өмірге қажетті қызметтерді көрсететін әділет департаменті мемлекеттік органдар арасындағы үйлестіруші мекеме ретінде мемлекеттік органдардың құқықтық актілеріне заңды сараптама жасап, тіркеуден өткізеді. Ол дегеніміз, әділет департаменті сараптамасынан өткен актілер ғана қолданысқа жіберіледі деген сөз.

Бүгінде елімізде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен қабылданған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Осыған байланысты әділет департаменті Ұлт жоспарының 27-қадамына сай қазіргі таңда облыстағы жеке сот орындаушылар санын көбейту жұмысын қолға алып, жоспардың орындалуын бақылауда. Жалпы, елімізде жеке сот орындаушылар институты құрылғаннан бастап жеке сот орындаушылар қатарын ұлғайту қарастырылған болатын. Соған сәйкес 2011 жылдан бастап Қазақстанда жеке сот орындаушылары пайда бола бастады. Салыстырмалы түрде алғанда, 2011 жылы Алматы облысында бар-жоғы 2 жеке сот орындаушысы қызметін бастаған болса, соңғы 4 жылдың ішінде жеке сот орындаушылардың саны бірнеше есеге көбейіп отыр. Дегенмен, облыс орталығынан шалғайдағы аудандар мен ауылдарда жеке сот орындаушылар жетіспейді. Тіпті, атқару құжаттарын орындайтын сот орындаушылары жоққа тән. Атап айтқанда аудандарда 200-300 әлеуметтік маңызды шешімдер орындалмай жатыр. Яғни, алимент өндіру сынды аса маңызды атқару құжаттарын орындау сот орындаушыларының жетіспеуінен тоқтап тұр. Оған сот орындаушылары отыратын кеңселердің болмауы, ғимарат тапшылығы себеп болуда. Осыған байланысты облыстық әділет департаменті жеке сот орындаушыларын ғимаратпен қамтамасыз ету мақсатында Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің және аудан әкімшіліктерінің басшыларына хат жолдап, осы мәселелерді шешу жолдарын қарастыруда. Сонымен қатар, жеке сот орындаушыларының жұмыс ыңғайына қарай аудандық әділет басқармаларында АІЖО ААЖ жүйесі орнатылған бөлек кабинеттер табысталып, жұмыс істеу мүмкіндігі ұсынылуда. Одан бөлек, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындау мақсатында Талдықорған қаласындағы БАҚ, «Атамекен» ҮКП өкілдерінің қатысуымен сұхбаттар өткізіліп тұрады. Ондай сұхбатта жеке сот орындаушысының лицензиясын алу жолдары түсіндіріліп, жеке сот орындаушысының жұмысы жайлы мәліметтер таныстырылады.

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңына енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере кетсек, бұрынырақта жеке сот орындаушысының қызметіне лицензия алу үшін Әділет министрлігінен аттестациядан өту қажет болатын. Қазіргі таңда осы Заңның 141-бабына сәйкес жеке сот орындаушысының лауазымына үміткер тұлғаны аттестациядан өткізу әділет департаментінің құзырына берілген. Яғни, бұл осы саладағы жұмысты жүзеге асыру жолдарын оңтайландырып, лицензия беру жұмысын жеңілдетті. Осыған байланысты Әділет министрлігінің тапсырмасын орындау мақсатында департамент басшысы жеке сот орындаушысының қызметіне үміткер тұлғаны аттестациядан өткізу регламентін және аттестация өткізу комиссиясын құруды бекіткен. Жеті адамнан құралған комиссия құрамында облыстық мәслихат депутаты Ж. Мейрембаев, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты, құқықтанушы Б. Сериев сынды белгілі тұлғалар бар. Сонымен қатар, барлық аудандық әділет басқармаларында және облыстық әділет департаментінде құқық қорғау және арнайы органдардың ақпараттық алмасу жүйесіне жеке сот орындаушылардың қолжетімділігі ұйымдастырылған.

Қазіргі уақытта Жетісу жерінде жалпы саны 53 жеке сот орындаушысы қызмет көрсетеді. Оның ішінде Талдықорған қаласында 11, Қапшағай қаласында 2, Қаратал ауданында 1, Еңбекшіқазақ ауданында 2, Талғар ауданында 5, Қарасай ауданында 12, Іле ауданында 8, Жамбыл ауданында 1, Панфилов ауданында 1, Ескелді ауданында 1, Көксу ауданында 1, Үйғыр ауданында 1, Райымбек ауданында 1, Алакөл ауданында 1, Сарқан ауданында 1, Ақсу ауданында 1, Балқаш ауданында 1, Кербұлақ ауданында 1 жеке сот орындаушысы бар. Дегенмен, облыстың барлық аудандары мен ауылдық округтері жеке сот орындаушылардың қызметімен толық қамтылмаған. Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, былтыр облыстағы жеке сот орындаушыларында 9 мың 959 атқару құжаты орындауда болған болса, биыл жеке сот орындаушыларының орындауында 29 мың 189-дан астам атқару құжаты бар. Яғни, жеке сот орындаушыларының орындауына берілген атқару құжаттарының саны артқан. Бұл жеке сот орындаушыларына артылған жауапкершілік жүгінің ауырлығын білдіреді.

Тағы бір айта кетер жайт, бұған дейін сот шешімін орындаудан жалтарып жүрген борышкерлерді шет мемлекетке шығудан шектеу ісін бірыңғай «БЕРКУТ» электронды базасында мемлекеттік сот орындаушылары ғана орындайтын болса, бүгінгі таңда бұл мәселе шешімін тауып, ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 33-бабына сәйкес, борышкерлерге шет мемлекеттерге шығуға шектеу қою жеке сот орындаушыларының да құзырына берілді. Яғни, жеке сот орындаушылары борышкерлерге шектеу қоюға қажетті құжаттарды әділет департаментінің бірыңғай электронды базасына жолдай алады. Сол арқылы әділет департаменті тексеру жүргізіп, борышкерлерге шет мемлекеттерге шығуға шектеу қойылады. Әйтсе де, жеке сот орындаушыларының борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тарту шаралары әлі де мемлекеттік сот орындаушылары арқылы жүзеге асырылатынын атап өткен жөн болар. Одан бөлек, талапкерлерге жеке сот орындаушыларының құзыреті, міндеті, борышкерлерді Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тарту шаралары сынды аса маңызды жұмыстарды кең көлемде түсіндіру әр апта сайын әділет департаментінде жүргізіледі. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылар мәртебесі туралы» Заңының 119-бабы, 2-бөлімі, 3-тармағына сәйкес алимент өндіру санаттары бойынша атқару құжаттарын қабылдау туралы жарнамалар және талапкерлер мен борышкерлердің құқықтары түсіндірілген анықтамалар жеке сот орындаушылары жұмыс істейтін мекенжайларға орналастырылған.

Осы аталған негіздерге сай жұмысын кеше ғана бастаған жеке сот орындаушылар институты өзіне жүктелген міндеттер мен алдарына қойылған мақсаттарды орындап, бүгінгі қоғамда өзін-өзі дәлелдеп келеді десек қате айтпағанымыз. Бұл дегеніміз, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 27-қадамын әділет департаментінің ойдағыдай орындап келе жатқанынан хабар берсе керек.

Барлық ТӨРЕХАНОВ,
облыстық әділет департаменті
басшысының міндетін атқарушы.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 78 (18210)
Сенбі, 16 шілде, 2016 жыл.

25

Күн санап құлпыра түскен Талдықорғанның көркіне көрік қосқан тағы бір демалыс орны ашылды. Осыдан біраз бұрын ғана «Жастар» саябағы жасалып, «әуенмен билейтін субұрқағымен» тұрғындарды таңғалдырған еді. Енді, міне, Қараталдың жағалауы көрген адам көркіне көзтоймастай етіп жасанды.



Қаратал жағалауы құлпыра түсті

Алма ЕСЕНБАЕВА

Жаңа демалыс аллеясын заманауи жаңа сәулеттік кешен, Жетісудың көрнекті демалыс орындарының бірі деуге болады. Жағалау алаңына келушілер тынығып отыратын орындықтар қойылып, кішкентай балаларға арналған әткеншектер, белсенді демалысты жақсы көретіндер үшін скейт пен роллердром ойын алаңдары, велосипед жолы жасалған.

Аллеяның ашылуына арнайы қатысқан облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** талдықорғандықтардың тынығып, демалуына арналған орынды аралап, тұрғындармен тілдесті. Мұндағы түрлі әткеншектерді тамашалай ойын қызығына батқан балалармен суретке түсіп, велосипедпен жарысқан жеткіншектерге өз сыйлықтарын да тарту етті. «Талдықорған: кеше, бүгін» атты фотокөрмеге айрықша назар аударып, қаланың қазіргі көрінісіне көз тояттатты. Жетісулықтарды тамаша аллеяның ашылуымен құттықтап, Елбасының халық үшін барлық жағдайды жасау керек деген тапсырмасы бойынша осынау әсем орынның бой көтеруіне мүмкіндік ашылып отырғанын, бұл еліміздің бас қаласы Астанаға қарап бой түзеп, Қаратал да Есіл өзеніндей көпшілік тынығып, демалатын орынға айналса деген ізгі ниеттен туындаған бастама екендігін атап өтті. Бұл жер үлкендер серуен құрып, жастар бір-бірімен танысып, салауатты өмір салтына ден қойып, балалар асыр салып ойнап, мәзмейрам болатын орынға айналса деген тілегін де жеткізіп, демалыс аллеясының шамын жақты. Самаладай жарқыраған шамдармен қатар отшашулар шашылды.

Бұдан соң қалалықтар үшін танымал әншілер Мәдина Сәдуақасова, «Ринго» тобы, сонымен қатар «Алатау әуендері», «Үшқоңыр» ансамблі өнерпаздарының тарту етуімен концерттік бағдарлама ұсынылды. Халық аспаптары оркестрі мен «Биг-Бенд» ансамблінің орындауындағы шығармалар қалықтады. Танымал цирк әртісі Мұрат Мұтырғанов қаланың кішкентай тұрғындарының көңілін көтерді.

Демалыс аллеясының ашылуына орай көркемөнер галереясы суретшілер мен қолөнер шеберлерінің туындыларынан көрме ұйымдастырса, жас жеткіншектер шахмат, дойбы, асық ойындарын ойнап жарысты, арқан тартысып, күш сынасты.

Жағалау бойындағы орындықтарда отырып әсем көріністі тамашалаған көпшілік көркемдігімен көз тартар гүлзарлар мен ағаштарды, сәулеттік мүсіндерді тамашалады. Бір-бірімен тамаша үйлесім тапқан әсемдікке қызыға қарап, өзен жағалауынан ескен саф самалдың кереметін сезінді.



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

СЕССИЯ

АЛДАҒЫ ІС АУҚЫМДЫ

Кеше облыстық мәслихаттың кезектен тыс VII сессиясы өтті. Сессияға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып, бюджеттен бөлек қаржылық қолдау көздерін атап берді. Жиында биылға бекітілген облыс бюджетіне енгізілетін өзгерістер айтылып, шығарылған шешімнің кейбір тармақтары қайта қаралды. Сессия кезінде төрт жылды қамтитын облыстың даму бағдарламасы да сөз болып, жаңартылған жобасы бекітілді. Облыстық мәслихат осы жолы жаңадан құрылған жергілікті полиция қызметінің жартыжылдық есебін тыңдап, қоғамдық тәртіпті сақтау бағытында атқарылған жұмыстармен танысты.

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Сессияда биылғы бюджет қаражаты жұмсалатын негізгі салалар аталып, қаралған қаржы көлемі нақтыланды. Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нәфиса Сатыбалдинаның айтуынша, биыл біздің өңірге 137 миллиард теңге көлемінде кіріс түсуі тиіс. Биылғы жылдың басты жаңалығы ретінде несиелік тұрғын үй салу бастамасын айтуға болады. Жаңа тұрғын үй кешендерінің іргетасын қалауға мемлекетке салмақ салмайтын бірқатар холдинг пен қаржылық ұйымдар демеушілік жасайды. Сондай-ақ, облыстағы қала мен аудандардың инфрақұрылымын дамытуға республикалық бюджеттен 5,4 миллиард теңге бөлінеді. Нәфиса Төлекқызының мәліметінше, үш ауысымда білім беретін бес мектеп проблемасын шешуге биыл 420 миллион теңге қарастырылған. Атап өту керек, бұл – Елбасының тапсырмасы. Сондықтан, аталған қаржыға білім ордаларын кеңейту, мұғалімдердің штат бірлігін арттыру жұмыстарын жүргізу көзделіп отыр.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту мәселесі жылда бекітілетін бюджет жоспарынан түспейді. Биыл да аталған салаға 27 миллион теңге қаралыпты. Әсіресе, әлеуметтік педагогтардың санын арттырып, оларға жаңа жұмыс орындарын құру қажеттілігі кезек күттірмейді. Өйткені, орта білім алуға қоғамда бәрі құқылы әрі міндетті. Сессияда жастар тәжірибесін дамыту, ауруханаға қайта жабдықтау, мектептің материалдық базасын қалыптастыру, ауыл-ауылға тартылған су жүйелерін күрделі жөндеу бағыттарына бөлінетін бюджеттік қаржы көлемі айтылды. Сөз соңында Нәфиса Сатыбалдина облыстық бюджеттің биылғы көлемін 394 миллиард теңге етіп бекітуді сұрады. Облыстық мәслихат депутаттары экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының ұсынысын, сондай-ақ, өңірлік даму бағдарламасының жаңа нұсқасын бірауыздан бекітті.

Сессияның екінші бөлігі облыстық ІІД жергілікті полиция қызметінің басшысы Марат Күштібаевтың биылғы жартыжылдықта атқарған жұмысына арналды. Ескерте кететін жайт, Елбасы Н. Назарбаев «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарында жергілікті полиция қызметін құру туралы тапсырма берген болатын. Соған орай қайта жасақталған жаңа қызмет алты айдың ішінде бірқатар қылмыстың бетін ашып, бірнеше аумақтық шара ұйымдастырып үлгерген. Өкініштісі, жарты жылдың ішінде кәмелеттік жасқа жетпеген 4813 жасөспірім жауапкершілікке тартылған. Ал жол-көлік оқиғасы былтырғы жылмен салыстырғанда 12 пайызға өскен. Әсіресе, жаз мезгілінде жол апаты жиі орын алады.

Марат Әлімқұлұлының сөзіне сүйенсек, жол-көлік оқиғасының 50 пайызы Алматы қаласының маңында тіркеледі. Назар аударар мәселе – облыстағы барлық учаскелік инспекторларда көмекшілердің жоқтығы. Егер бұл кадрлық тапшылық тез арада шешімін таппаса, аймақтарда қылмыстың ашылуы баяулап қалуы әбден мүмкін. Бұдан бөлек, 209 учаскелік полиция пункті күрделі жөндеуді қажет етеді. Атап өтерлігі, жергілікті полиция қызметі «Мал ұрлығына жол жоқ!» деген бастамамен Райымбек ауданына қарасты Тұйық ауылында ауқымды шара өткізген. Нәтижесінде ұрлық-қарлықтың саны азайып, мұндай шараны өзге ауылдарда да өткізу жұмыстары қолға алынды.

Сессия соңында облыс әкімі Амандық Баталов сөз алып, бюджеттік жоспарға енгізілген су жүйелері туралы айтып берді. Қазіргі таңда суармалы жерлер көп. Сол себепті, ауыл-ауылда су тасымалдайтын тоғандарды тез арада күрделі жөндеу керектігін тілге тиек етті. Облыс басшысы жаңадан құрылған жергілікті полиция қызметінің жұмысына оң баға беріп, Марат Әлімқұлұлына бұл орайдағы жұмысты жандандыра түсуді тапсырды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Айдын Нұрмұхамбетов облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Айдын НҰРМҰХАМБЕТОВ



1986 жылы туған. І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін экономист және құқықтанушы мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын «Жетісу жастары» жастар орталығының кеңесшісі болып бастаған. Кейін «Жетісу жастары» жастар орталығының бас кеңесшісі, бөлім басшысы болды.

2012 жылдан «Алматы облысының жастар саясаты орталығы» мекемесінің директоры.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҢ қорытындысы қомақты

Облыс әкімдігінің үлкен жиынжайында өңір басшысы Амандық БАТАЛОВ пен оның орынбасарлары, аудан, қала әкімдері мен облыстық деңгейдегі департамент, басқарма басшылары, мәслихат хатшылары және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен алқалы жиын өтті. Жиналыста бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындысы шығарылып, алдағы уақытта атқарылатын міндеттер сараланды.

Сондай-ақ, облыстық ауылшаруашылық басқармасының агроөнеркәсіп кешеніндегі өңдеу саласын дамыту бойынша атқарған жұмысы тыңдалды. Бұл туралы облыс әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашев және әкім орынбасары Серікжан Бескемпіров баяндама жасап, тыңғылықты атқарылған шараларды нақты айтып өтті. Ағымдағы мәселелер бойынша бірқатар аудан әкімдері мен басқарма басшыларының пікірі тыңдалды.

Қажет АНДАС

Баяндамашылардың сөзінен білгеніміздей, бірінші жартыжылдықта жеткен жетістігіміз көңіл қуантады. Айталық, ауылшаруашылық саласы бойынша өнім берекелігі артқан. Ағымдағы жылдың 11 шілдесіндегі жағдай бойынша 3,7 мың гектар масақты дәнді дақыл орылып, өнім берекелілігі 20,5 центнерді құраған. Жарты жылда 05,5 мың тонна мал және құс еті өндіріліпті. Ал мал шаруашылығы саласын ынталандыруға бағытталған «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық», «Ырыс» бағдарламалары бойынша да облыс республикада алдыңғы орыннан көрініп келеді. Дегенмен, аудан, қалалар бойынша салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, кемшіліктер жоқ емес. Жыл басында ауылшаруашылық бағытындағы пайдаланылмаған 272,7 мың гектар жер анықталған. Оның 90,9 мың гектары айналымға енгізілсе, біразы мемлекет меншігіне қайтарылып, тағы бір бөлігі комиссияның қарауында жатқан көрінеді. Облыс басшысы айтқандай, иесіз, пайдаланусыз жатқан жердің көптігі сала мамандарының жүйелі жұмыс жасамағанын білдіреді.

Бір эттеген-айы, Райымбек пен Қарасай аудандары «Сыбаға» бағдарламасы бойынша белгіленген көрсеткішті орындай алмаған. Оның себебін сұраған облыс әкіміне аудан басшылары түрлі сылтау айтып, жұмыс жүргізіп жатқанын көрсетуге тырысты. Бірақ өңірдің барлық жағдайын бес саусағындай біліп отырған Амандық Ғаббасұлы оларға кемшілікті жуық арада түзетуді тапсырды. Сонымен қатар облыста «Ырыс» бағдарламасы бойынша 600 басқа арналған 8 тауарлы-сүт фермасын құру жоспарланғанымен бірде-бірінің жұмысы басталмапты. Ал ірі қара етін экспорттау барысындағы жоспарымыз да әзірше орындалмай келеді. Жиналыста биыл ауылшаруашылығымен айналысатын жерлестерімізге демеуқаржының тиісті мөлшерде төленетіні белгілі болды.

Облыс әкімінің қант қызылшасы туралы сұрағына жауап берген облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексенбай Бекішов өңір басшысының тапсырмасы бойынша Ауылшаруашылық министрлігінің өкілдерімен кездесіп, демеуқаржы төлеудің қиындықтарын шешіп келгенін мәлім етті. Сондай-ақ, басқарма басшысы биыл тәтті түбірдің әр гектарынан орташа 350 центнерден өнім алынатынына сендірді. Өткен жылы өнім көлемі айтарлықтай болмаған ақсулықтар да сол көрсеткішке жету үшін тырысатынын білдірді.

Басқа салаларда да өсім бар. Алты айда өңірімізде 228,8 млрд. теңгенің өнеркәсіптік өнімі өндірілді. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 148 жоба мемлекеттік қолдауға ие болса, инфрақұрылым тарту бойынша 7 жоба жүзеге асырылуда. Үстіміздегі жылы шағын несиелендіруге 9,6 млрд. теңге қарастырылған. Оның ішіндегі «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша алыс ауылдағы жұмыссыз ағайынның тіршілігін түзеуге бөлінген 5,8 млрд. теңгенің бүгінде 529,0 млн. теңгесі, яғни 9,1 пайызы ғана игерілген. Қаржыны тиісті мақсатта игере алмағандардың көшін Ақсу, Алакөл, Еңбекшіқазақ аудандары бастап тұр. Ал облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері де мұның себебі жайлы мардымды ештеңе айта алмады. Осыған байланысты облыс әкімі Ақсу, Алакөл және басқа да бірнеше аудан әкімін орнынан тұрғызып, мәселенің мән-жайын сұрастырды. Сонымен қатар, қазіргі бақша өнімдері базарға шығып, сауда қызған тұста да азық-түлік тауарлары бағасының арзандамай тұрғандығының себебін сала басшыларынан сұрап білді.

Осы ретте өңірімізде негізгі капиталға тартылатын инвестиция көлемі 208,4 млрд. теңгені құрағанымен кейбір аудан көрсеткішінің өткен жылмен салыстырғанда біршама төмендегені де белгілі болды. Ал туризм саласында жақсы жаңалықтар жетерлік. Әсіресе, Алакөл жағалауынан салынып жатқан демалыс орындары осы саланың көрігін қыздыра түскен. Айтпақшы, өңірдегі құрылыс жұмыстарының көлемі артқан. Осы уақытқа дейін 724,9 мың шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілсе, «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы бойынша салынған 22,1 мың шаршы метр несиелік және коммуналдық тұрғын үй иесін тауыпты. Сондай-ақ, «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша Ұлттық қордан бөлінген қаржы есебімен 59 жоба жүзеге асырылуда. Десе де, құрылыс жұмысы кешеуілдеп жатқан, тіпті, мемлекеттік бағдарламар есебінен тағаны құрылып, жұмысы тоқтап тұрған нысандар бар.

Бір қуанарлығы, облысымызда ағымдағы жылы 27 елді мекенді орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында жоспарланған 58 жоба жүзеге асырылуда. Өкінішке қарай, бірқатар ауылды ауызсумен қамту мақсатында қолға алынған жобалар тоқтап тұр. Осыған орай, облыс әкімі жиналыста есеп берген Талғар ауданының әкімі Райхан Садықовадан ауызсу мәселесінің шешілу барысын сұрап, білді.

Жылыту маусымына дайындыққа және оны өткізуге облыс бюджетінен тиісті қаржы бөлінсе, жұмыссыздарды жұмыспен қамту жайы да дұрыс жолға қойылған. Осы қатарда, білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы жетістігіміздің мол екенін білдік. Десе де, облыс әкімі екі саладағы бірқатар кемшіліктердің де себебін түсіндіріп, облыстық білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова мен облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқан Байдувалиевке жұмысты тиянақты істеу керектігін ескертті. Кербұлақ ауданының әкімі Бағдат Әлиевтен Сібір жарасы туралы әңгіменің шығу себебін сұрады. Аудан әкімі көпшілікті бұл ақпараттың да, малдәрігерлеріне қатысты әңгіменің де жалған екеніне, ауданда Сібір жарасының мүлде орын алмағанына сендірді.

Облыста ағымдағы жылы ауылшаруашылығы шикізатын өңдеу саласы, тамақ өнімдері өндірісі, ұн шығару, сүт, ет, жеміс, көкөніс өңдеу кәсіпорындар жақсы жұмыс атқарған. Қант қызылшасы мен жүгері өсіруде, оларды қайта өңдеуде елеулі табыстарға қол жеткізілді. Өңдеу кәсіпорындарының жұмысын талдау қорытындысы бойынша өндірілген дайын өнімнің көлемі 2015 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда артқаны байқалады. Дегенмен, агроөнеркәсіп кешеніндегі өңдеу саласын дамыту бойынша атқарылған жұмыста кемшіліктер орын алған. Ескелді, Райымбек және Үйғыр аудандарында жаңа өңдеу кәсіпорындары жүйесі құрылмаған. Қаз-Агро бағдарламасы аясында көрсетілетін мемлекеттік қолдаулар бола тұра ағымдағы жылы бірқатар аудандар аталған салада инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша шаралар қабылдамаған. Облыста ел игілігін еселейді деген 22 кәсіпорын тоқтап тұр. Осыған орай Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бисембаевтың есебін тыңдаған облыс басшысы аталған аудандағы кәсіпорындарды іске қосу жоспарын жүйелеп, тындырымды жұмыс атқаруды міндеттеді.

Жиналысты қорытындылаған облыс әкімі Амандық Баталов бүгінгі таңда өңірде барлық бағдарлама аясында 87 млрд. теңгеге 193 жоба жүзеге асырылып жатқанын, ауылшаруашылығын, шағын және орта бизнесті дамытуға 38 млрд. теңгеге мемлекеттік қолдау көрсетілгенін айта келіп, облыс экономикасында оң серпін сақталғанын жеткізді. Сондай-ақ жекелеген салаларда кемшіліктердің орын алғандығын да жасырмады. Жер пайдалану, тауарлы-сүт фермаларын құру, ауылшаруашылығы кооперацияларын дамыту, инвесторлармен жұмыс жасау барысында сақталған кемшіліктерді тізіп берді. Аталған кемшіліктерді түзетуді алдағы уақытта бақылауға алып, орындалуын қадағалауды орынбасарларына жүктеді. Сонымен қатар, өңір басшысы келесі жартыжылдықта атқаратын жұмыс міндеттерінің үйлесімді екенін айта келіп, ағымдағы жылды жақсы нәтижелермен қорытындылау қажеттігіне назар аударды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2016 жылғы 8 шілде *№ 362*

Алматы облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысының әкімдігінің келесі қаулылардың күші жойылды деп танылсын:

1) Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 6 тамыздағы «Алматы облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесін Ережесін бекіту туралы» № 297 (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылдың 27 тамызында № 2896 тіркелген, 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 102 «Жетісу», 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 102 «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) қаулысы.

2) Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қарашадағы «Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 297 «Алматы облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесін Ережесін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» № 495 (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 11 желтоқсанында № 3610 тіркелген, 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 144 «Жетісу», 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №144 «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) қаулысы.

2. «Алматы облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бір апталық мерзімде:

1) Алматы облысының әділет органдарына осы қаулының қабылданғаны туралы хабарласын;

2) Осы қаулыны ресми баспа басылымдарында жариялау бойынша шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б. Өнербаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

СІБІР ЖАРАСЫ: АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

Облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіровтің басшылығымен мал шаруашылығы саласының мамандары қатысқан ауқымды шара өтті. Онда өңірдің эпизоотиялық жағдайы мен жануарларда кездесетін ауру түрлерінің алдын алу мәселелері сөз болды.

Қажет АНДАС

Шара аясында облыстық ветеринария басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұрлан Бекежанов, ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті облыстық аумақтық инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Серік Қабдолданов және облыстық аумақтық малдәрігерлік зертхананың директоры Манатбек Итенов баяндама оқып, атқарылған жұмыстарды баяндады. Сонымен қатар ветеринариялық екпелерді сақтауға берілген тоңазытқыштардың дұрыс пайдаланылмауы, температуралық режимнің сақталмауы, эизоотиялық ошақтарды қоршау ісіндегі олқылықтарды атап көрсетті.

Ауру ошақтарын қоршау мақсатында облыстық бюджеттен қомақты қаржы жеткілікті бөлінгенімен сол қаржының тиімді пайдаланылуы жағынан да бірқатар кемшіліктер бар. Кейбір аудандардағы ауру ошақтарының тиісті құжаттары толық емес. Ал жүргізілген қоршау жұмыстарының сапасы белгіленген талаптарға жауап бермейтін нысандар да бар екен. Қоршау жұмысын сапалы жүргізген Еңбекшіқазақ пен Қаратал аудандары басқа өңірлерге үлгі боларлық. Бұл істі аяқсыз қалдырмайтынын білдірген әкім орынбасары қателікке жол берген мекеме басшыларына немесе қатысты мамандарға тиісті шара көрсетілетінін жеткізді.

Шара аясында облыстық аумақтық малдәрігерлік зертхананың мамандары көп ретте мал дәрігерлерінің зертханаға сынамаларды талапқа сай әкелмейтінін, термочемоданмен емес, қағаз қораппен жеткізілетіндіктен температуралық талаптары сақталмайтынын, мал тізімі дерек қорға сәйкес келмейтінін, құлақ жапсырма нөмерінің бірнеше рет қайталануы, тағы да басқа кемшіліктерді тізіп берді. Сондай-ақ, аталмыш аурудан сақтанудың жолдарын да көрсетті. Әдетте, Сібір жарасының таяқшасы 150 жылға дейін өмір сүреді. Онымен сиыр, қой, жылқы, шошқа, түйе, есек сияқты жануарлардың бәрі ауырады. Оның алдын алудың басты бағыты – ауылшаруашылық жануарларын иммунизациялау. Сондықтан үйіңізде жеке малыңыз болса, түйнемеге қарсы екпіргеніңіз жөн. Егер жануарлардан ауру белгісін байқасаңыз, дереу үйге мал дәрігерін шақырыңыз. Мал дәрігері қарап, ауру жоқ деген анықтама бергеннен кейін ғана малды сойған жөн. Базарлардан тек дәрігердің қарауынан өтіп, тексерілген етті ғана алу керектігін тілге тиек етті.

Осындай келелі мәселе көтерілген кездесу алдағы уақытта да жалғаспақ.

ЕРТЕҢ – МЕТАЛЛУРГТЕР КҮНІ



КӘСІПОРЫН КЕЛЕШЕГІНІҢ ҚАМЫ

Кезінде бес мыңға жуық адамды жұмыспен қамтып, одақ көлемінде аты аңызға айналған Текелі қорғасын-мырыш комбинатының тығырықтан шығып, қайтадан бойын тіктейтініне текелілiктердің де сенімі азая бастағаны құпия емес еді. Алайда, еліміз-ге белгілі кәсіпкер техника ғылымының докторы Әбдіраман Еділбаев құрылтайшы болып, кәсіпорынның жұмысын қалпына келтіруді қолға алғалы «Текелі кенді қайта өңдеу кешені» ЖШС-де айтарлықтай істер тындырылып, жақсы жобаларды жүзеге асыру жолында тың талпыныстар айқын аңғарылуда. Бұған тарауға тақау қалған кешеннің бүгінгі таңда аяғынан тұрып, еңсесін тіктей бастағаны айқын дәлел болса керек.

Атап айтсақ, біріншіден, мұнда байыту фабрикасын қалпына келтіру барысында оның жабдықтары толық жаңартылып, 600 мың доллардан астам қаржыға жаңа жабдықтар орнатылды. Соның арқасында фабриканың өнім шығару көлемі екі есеге ұлғайып, енді жылына 720 мың тонна кен өңдеу мүмкіндігіне ие болды. Кешен бүгінгі таңда Қарағанды облысындағы Бапы кен орнынан тасымалданған құрамында темір араласқан концентратты өңдеп, іргелес Қытайға сатумен айналысуда. Дегенмен, өнімді шикізат түрінде өткізуден гөрі, темірге немесе шойынға айналдырып сатса анағұрлым пайдалы болатынын ескерген кешен басшылары осы бағытта тиімді жобалар ойластыра бастады. Осы мақсатта мұнда Текелі кенді қайта өңдеу кешенінің негізінде «Текелі металлургия зауыты» жобасын жүзеге асыру қолға алынып жатыр. Жалпы инвестиция сомасы 38 млн. доллар болатын бұл жобаны «Кэй Эс Пи Стиль» Павлодар құбыр зауыты қаржыландыруда. Жобаның түпкі мақсаты – жылына 400000 тонна шойын өндіруге қабілетті өндіріс комбинатын құру.



– Қазір бір домна пешінің құрылысы аяқталып қалды. Екіншісінің іргетасы көтерілді. Кешеннің негізінде шойын шығару зауытын іске қосу қаламызға да, өңірімізге де өте тиімді. Өнімнің рентабельділігі жоғары болады, қосымша 400-ге тарта жұмыс орнын ашамыз. Тағы бір артықшылығы, бүгінгі өндіріп отырған концентратқа қарағанда, өткізілім құны төрт есе артық болады деп күтілуде. Осы басымдықтардың бәрі бұл жобаның тек қаржы жағынан ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтік тұрғыдан да тиімділігін көрсетіп отыр. Ал енді зауыттың тәулік бойына тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге шикізатымыз ұзақ жылдарға жетеді. Өйткені, қазіргі байыту фабрикасының өңдеп жатқан Бапы кен орынның теміркұрамды кенінің қоры мол. Тек қана оны кеңейту жұмыстарын атқаруымыз керек. Бұл тиімділігі жоғары жобамыз республикалық деңгейде талқыланып, мақұлданды. Қазірге дейін жобаның 7113 млн. теңгесі игеріліп, жобалау және жалпы құрылыс жұмыстары аяқталды. Ал жабдықтарды монтаждау жұмыстары 90% орындалды. Қазір инженерлік жүйелер мен іске қосу, реттеу жұмыстары жүзеге асырылуда. Жыл аяғына дейін бірінші кезекте байыту фабрикасы, №1 домна пеші мен агломерациялық цех іске қосылады. Ал, жобалық қуаты деңгейіне жеткенде 400000 тонна шойын өндіріле бастауы тиіс. Сонда кәсіпорынның тоқтаусыз әрі сенімді жұмыс істеуіне мол мүмкіндік туады және текелілiктердің арасынан қосымша бес жүзден астам адамды жұмыспен қамтитын боламыз, – деп егжей-тегжейлі әңгімелеп берді кешендегі қарбалас қимылдың бел ортасында жүріп, барлық жақсы бастаманың басы-қасынан табылып жүрген кешен директоры Бақыт Шалбаев.

Әзірше 500 адамды жұмыспен қамтыған кешеннің бүгінгі қолға алып жатқан жобалары жүзеге асса, жұмысшылар қатары 1000-нан асады екен. Жалпы кәсіпорында өз жұмысшыларына ұдайы қамқорлық көрсетіліп отырады. Әкімшілік кәсіподақ комитетімен бірлесіп, тілек білдірушілерді әрбір сенбі, жексенбі сайын әрлі-берлі жолын кәсіпорын есебінен өтеп, Балқаш көлінің жағасында жасақталған демалыс аймағына жіберіп отырады. Бұрын жабылып қалған асхана күрделі жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілген. Кешенде өнегелі істерімен өндірісті өрге сүйреуге өз үлестерін қосып жүрген озаттар қатары көптеп саналады. Солардың қатарында жабдықтар жөндеу жөніндегі шеберлер Ерлан Сүлейменов пен Саян Смағұлов, энергетик Василий Цапенко, электрмен және газбен дәнекерлеушілер Михаил Бридихин, Асхат Сәлімжанов, Еркебұлан Оспанов, жөндеуші-слесарьлар Ерсайын Қалиев, Виктор Авраменко, Святослав Сухорученко, бетондаушылар Нығмет Заманбеков, Александр Лампель, бетон араластырғыш қондырғының машинисі Кенжебек Баймұхамбетов, оператор Евгения Просолова, зертханашы Марина Рябова, тепловоз машинисі Михаил Куринный, жүргізуші Қайрат Жұртбаев және басқалары бар.

Шора БАТЫРБАЕВ.
Текелі қаласы.



Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы аясында еліміздің түкпір-түкпірінде көптеген игі шара ұйымдастырылып келеді. Солардың бірі Талдықорған қаласының Тіл сарайында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының сала ардагерлерімен өткен кездесуі.

Ағадан - ақыл, атадан - нақыл

Басқосуға облыс аумағындағы барлық аудан мен қаладан мәдениет және архив саласында қажырлы еңбек етіп, ұрпақ бойына бабалар аманатын, ұлттық мұрамызды сіңіртуге елеулі үлес қосқан көнекөз қариялар мен ақ жаулықты әжелер қатысты. Кездесу барысында облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ақан Әбдуәлиев ата салтымен үлкендерден бата алып, өз жұмыс жоспарымен бөлісті.

«Әрқайсыларыңыз елдің ел болып қалыптасуына ықпал етіп, тәуелсіздік жолында жан аямай еңбек еттіңіздер. Еркіндікке қол жеткізгеннен кейін де көптеген өткелді бастан кештіңіздер. Сіздердің еңбектеріңізбен тәуелсіздігіміз нығайды. Бейбітшілік пен ынтымақтың арқасында қанатымызды кеңге жайып отырмыз. Сондықтан да айтар ақылдарыңызға құлақ түріп нәтижелі жұмыс жасауға ниеттеніп отырмыз, – деген Ақан Жылқышыбайұлы аға буын өкілдерінің қоғамдағы орнының маңыздылығын жеткізді.

Ардагерлер атынан сөз алған Б. Римова атындағы облыстық драма театрының әртісі Алмахан Кенжебекова жастардың қоғам дамуындағы орны жайында айта келіп, оларға барлық жағдай жасау керектігін тілге тиек етті. Сонда ғана өнерлі де өнегелі жастардың мәдениет саласының дамуына көптеп үлес қосатынын жеткізді. Осы сынды көптеген ұсыныс айтылып, көргені көп тәжірибелі ақсақалдардың ой-пікірлері тыңдалды. Нәтижесінде 10 адамнан тұратын «Ақсақалдар алқасы» құрылды. Алқа мүшелерінің жұмыс жоспары бекітіліп, халыққа мәдени қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша және 2015– 2019 жылдарға арналған мәдениет істері жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес бірлесе жұмыстар атқарылатын болды.

М. ДАНИЯРҰЛЫ.

АВТОШЕРУ

Ұлттық дүниетаным, рух, мәдениет пен әдебиетімізді ұрпаққа мұра етіп қалдыру қай заман болмасын ата буын өкілдеріне жүктелетін міндет. Жаугершілік кезеңдер мен Ұлы Отан соғысында жасаған ата-бабамыздың ерліктері ешқашан ел есінен кетпек емес.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Ұлы дала азаматтары Талдықорғанда

Осындай мақсат, міндетті басшылыққа алған «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігі Қазақстан халқы Ассамблеясы және «Нұр Отан» партиясымен бірлесе отырып автошеру ұйымдастырды. Қазақстанның бірнеше қаласын аралап 7 мыңнан астам шақырымды бағындырған ардагерлер Алматы облысының орталығы – Талдықорған қаласына да ат басын тіреп, ақ баталарын арнады. «Ұлы Дала азаматтары» атты автошеру Тәуелсіздігімізді 25 жылдығы мен Қазақстандағы әскери құрамалардың құрылғанына 75 жыл толуына орай жастардың санасына патриоттық сезім орнатып, ұлттық рухты асқақтату үшін арнайы ел аралап келеді. Мақсаты – берекесі мен бірлігі жарасқан жұртты бір мүддеге сай «Мәңгілік Ел» идеясы аясында аянбай еңбек етуге, Ұлы Отан соғысына қатысып ерлікпен күрескен ата-бабамыздан үлгі алып, жастарға жол көрсету және «Нұрлы Жол» бағдарламасының өзектілігі мен маңыздылығын айшықтау. «Генералдар кеңесі» РҚБ мүшесі, генерал-майор Марат Мәрденов, даңқты генерал-майор В. Панфиловтың немересі Алуа Байқадамова, Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен «Нұр Отан» партиясының белсенділері және Қырғызстан Республикасынан келген құрметті қонақтар бастаған автошерушілер алдымен Талдықорған қаласының орталық саябағындағы мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге тағзым етті. Бір минут үнсіздіктен соң шырқалған мемлекеттік Гимн ұлтық рухымызды асқақтатты.

– Құрметті қонақтар, Жетісуға қош келдіңіздер! Сіздерді тағатсыздана күттік. Арнайы ат басын бұрып келгендеріңізге алғыс айтамыз! Сіздерге қарап біздің жастарымыз үлгі алып, бабаларымыздың батырлығына қарап бой түзей берсін. Жұртымыз тыныш, жолдарыңыз болсын, – деген Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев келген автошерушілердің алға қойған мақсатының жүзеге асуын тіледі. «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Гүлнар Тойлыбаева ардагерлердің елдің бірлігін сақтаудағы ерен еңбектерін айта келіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясатын жүзеге асырудағы құлшыныстарын тілге тиек етті. Кезекті сөз тізгінін қолына алған «Генералдар кеңесі» РҚБ өкілі, генерал-майор Марат Мәрденов: «Құғын-сүргін мен ашаршылықтан есін жиып үлгермеген халықты алда Ұлы Отан соғысы күтіп тұрған еді. Қолына қару алып, әскери тактикалардан хабарсыз ұл-қыздарымыз соғысқа аттанды. Зерек сарбаздарымыз бірден майдан төрінде ерлік көрсетіп, баба жолын жалғыртты. Міне, сол кезден бастап қазақ жерінде алғашқы әскери құрамалар құрылды. Автошеруіміздің негізгі мақсаты да сол батырларымыздың рухына тағзым етіп, ерліктерін жадымызға сақтау», – деді.

Жетісу соғыс жылдарында алғашқы әскери құрамалар құрылған жерлердің бірі және Панфилов дивизиясы да осында жасақталған. Сонымен қатар елу екі Кеңес Одағының Батыры атанған жерлестеріміз өңіріміздің мақтанышы.

ЗАҢ АЯСЫНДА

2014 жылы Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий жариялаған еді. Ол қолданыста болған кезеңде прокуратура органдары елеулі жұмыс жасады. Соның ішінде тексерістерді өткізуді Бас прокуратураның орталық аппаратымен келісу тәртібі мен тетігі белгіленді. Мемлекеттік органдардың заңдылық талаптарына сай келмейтін іс-әрекеттеріне тыйым салынып, заңбұзушылықтарға шара қолданылды.

Кәсіпкерлер мүддесі ҚОРҒАЛАДЫ

Бұл кезең шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне оң әсерін тигізіп, оларға өз назарларын жарғылық мақсаттарды орындауға бағыттауға мүмкіндік берді. Құқықтық кеңістікті өзгертудегі келесі кезең жаңа Қылмыстық-процестік кодекстің қабылдануы болды. Онда ағымдағы жылдың басынан бері тергеуге дейінгі институт және қылмыстық істі қозғау кезеңі жойылды. Бұл жаңашылдықтар қылмыстық процесс шеңберінде кәсіпкерлердің құқықтарына тікелей қатысты болып отыр. Бұрынғы заңнама бойынша салықтық тексерісті өткізу тек қана қозғалған қылмыстық іс шеңберінде мүмкін болды. Жаңа қылмыстық процесс жағдайында, сотқа дейінгі тергеудің басталу институты өзгертілгенде, кәсіпкерлерді қылмыстық құдалауға негізсіз тартуды болдырмау мақсатында бұл мәселені шешу кезінде мұқият тексеруді қажет етті.

Сотта қылмыстық іс жүргізу кезінде кәсіпорынның шоттары, өзара төлемдері, бухгалтериясы тоқтатылып, қызметі толығымен шектелетіні белгілі. Соған байланысты жаңа Қылмыстық-процестік кодексі заң шығарушы жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын негізсіз күдіктенуден қорғау үшін қажетті құралдарды қарастырды, бұл тетік арыздар мен хабарламалардың сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізімінде тіркелуіне дейін жұмыс жасай бастайды. Мысалы, заң талаптарына сәйкес қылмыстық құқықбұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болмаса, сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне тіркемей, өкілетті мемлекеттік органдарға ревизиялар мен тексерістерді өткізуді талап ететін арыздар мен хабарламаларды жолдау керек. Бұл тәртіп күш құрылымдарының кәсіпорындар қызметіне араласуын елеулі түрде шектейді, өйткені тек қана қылмыстық құқықбұзушылықтың жасалғанын көрсететін деректер ғана, соның ішінде, салық тексерісімен белгіленген қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін материалдық зиян сомасы сотқа дейінгі тергеудің басталуына себеп бола алады. Содан кейін, өкілетті органнан материалдық зиян сомасы көрсетілген тексеріс нәтижелері алынған соң сотқа шағым беру тәртібі өткеннен кейін, қылмыстық құдалау органының сотқа дейінгі тергеуді бастауға заңды негіздері болады.

Сотқа дейінгі басталған тергеу шеңберінде тексерістерді немесе ревизияларды тағайындау кезінің де өз ерекшеліктері бар. ҚПК-нің 260-бабының екінші бөлімі бойынша қылмыстық құдалау органының жоспардан тыс тексерістерді, құжаттық ревизияларды өткізу жайлы талаптары прокурормен келісілгеннен кейін ғана заңды болады. Сөйтіп, заңдылық қағидаларына негізделіп, сонымен қатар кәсіпкерлік қауымдастықтың мемлекет дамуының экономикалық жүйесіндегі алатын орнын ескере отырып, прокуратура органдары олардың қылмыстық құдалауға негізсіз тартылуына қарсы сенімді қорғаныш болып табылады.

Нұрсұлтан АЛТЫНБЕКОВ,
Талдықорған гарнизоны
әскери прокуратурасының прокуроры.

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Жастық жігер жемісі

Жуырда Талдықорған қаласындағы «Жастарға қызмет көрсету орталығында» облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, жастар ресурстық орталығы, «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы Шахмардан Баймановпен жастардың кездесуі өтті.

Қозыбай ҚҰРМАН

Кездесудің мақсаты – мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру аясында «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының жұмысы туралы ақпарат беру, сондай-ақ, көпшілікті жаңадан қолданысқа берілген Жастарға қызмет көрсету орталығы ғимаратымен және облыстағы жастар жұмысымен жақын таныстыру.

Кездесу барысында Шахмардан Байманов бүгінгі таңда жастар мәселесінің өзекті мәселеге айналғанын, оның айқын көрінісі – әр облыста тиісінше жастарға көптеп көңіл бөлініп отырғанын айтты. Сонымен қатар, арнайы салынған Жастарға қызмет көрсету орталығына көңілі толғанын тілге тиек етті.

Ал облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысы Айдын Нұрмұхамбеттің айтуынша, «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалында қазір 20000-ға жуық жас бар, 253 бастауыш бөлімше жұмыстарын жүргізіп келеді. Өңір әкімі, облыстық партия филиалы төрағасының қолдауымен аудан, қалада 68 маманнан жасақталған жастар ресурстық орталықтары құрылып отыр.

– Біздің филиал республика бойынша әрдайым алдыңғы қатардан көрінуде. Еліміздегі ең беделді, ең белсенді саяси күш болып табылатын «Нұр Отан» партиясының елдің әлеуметтік жағдайын нығайтуға бағытталған жобаларын жүзеге асыруға «жасотандықтар» да белсене атсалысып келеді, – деді Айдын Нұрмұхамбет.

Бүгінде облыста «Кедергісіз келешек», «Сәтті қадам», «Жастар – Отанға», «Ардагерлерді ардақтайық» сияқты бірқатар жобалар іске асырылып, осы бағыттағы жұмыстар тыңғылықты жүргізілуде.



Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 98 (18230)
Бейсенбі, 1 қыркүйек, 2016 жыл.

БҮГІН – БІЛІМ КҮНІ

Аймағымызда 45 739 бүлдіршін 1-сыныпқа қадам басады



Міне, үш айлық жазғы демалыс аяқталып, оқушылар алтын ұя мектебімен қайта қауышуда. Алып ұшқан бала жүрек әрбір 1 қыркүйек – Білім күнін ерекше толқыныспен күтіп, бұл күні әдеттегіден ерте оянып, қолындағы бір құшақ гүлімен ұстаздарына қарай асығары анық. Ал, биыл бірінші сыныпты аттайтын бүлдіршіндер үшін бұл күннің тіпті де орны бөлек. Ата-анасының жылы құшағынан алыстай қоймаған жеткіншектер алдынан өмірдің қандай белесі есік ашып тұрғанын аңғармастан көздері жәудіреген күйі мектеп партасына алғаш отырады.

Биыл бірінші сынып табалдырығын 45739 бүлдіршін аттаса, жалпы орта білім беретін мектептерде оқитын оқушылар саны 300 мыңнан астам оқушыны құрайды. Облысымыз бойынша оларға 34 мыңның үстінде педагог сабақ береді. Жаңа оқу жылы тың бастамаларға толы болмақ. Бұл туралы метериалды газетіміздің 3-бетінен оқи аласыздар.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ДА, БАРШЫЛЫҚТЫ ДА ПАШ ЕТТІ

Ел мен жердің еркіндігі, мемлекет әлеуетінің артуы, әлеуметтік-экономикалық саланың қарқынды дамуы, мәдениет пен әдебиеттің сұранысқа ие болуы, бәрі-бәрі тәуелсіздіктің жемісі. Осыдан 25 жыл бұрын егемендікке қол жеткізген еліміз бүгінде әлем жұртшылығына жақсы жағынан танылып, дамушы елдердің арасында межелеген биігіне қол жеткізіп отыр.

Мәди АЛЖАНБАЙ



Осындай көз қуанар, көңіл марқаяр жетістіктің бәрі Қазақстан Республикасының болашағы үшін. Мұның негізі еліміздің Конституциясы – Ата Заңында көрсетілген бұлжымас қағидалар. Адам және оның құқықтары мен бостандықтарын алдыңғы орынға қоятын Конституция әрбір азаматтың білім алуына, жұмыс істеуіне, өзі қалаған саланы меңгеруіне мүмкіндіктер береді.

Мерейлі мереке – ҚР Конституциясы күнін Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары жоғары деңгейде атап өтті. Пайдалануға биыл берілген «Жастар» саябағында көпшіліктің назарына еліміздің ширек ғасыр ішіндегі жетістіктерін паш еткен театрландырылған көріністер, спорттық ойындар, жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламалары ұсынылды.

Атшаптырым аумақты алып жатқан саябақтың қақ ортасындағы сахнаны жағалай Қазақстан Республикасының Көк байрағын көтере жүріп өткен жас жігіттерден соң еліміздің мекен еткен ұлттар мен ұлыстардың ұлттық киімдерін киген биші қыздар отаншылдықты, патриоттықты әйгілеген әсем әуеннің ырғағымен мың бұрала билеп, әнші жігіттердің шырқата салған әніне әр берді. Ақсақалды қарт, көп балалы ана, бастауыш сынып пен жоғары сынып оқушылары, ұстаз, қызметкер кейпінде көпшіліктің назарын аудартқан мереке кейіпкерлері еліміз жеткен жетістіктер мен табыстарды әйгіледі. Бұдан соң мерекелік шараға орай көпшілікті құттықтаған Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев облыс әкімінің құттықтауын жеткізді.

– *Тәуелсіздігіміздің кемел келешегін қамтамасыз еткен Ата Заңымыз осыдан 21 жыл бұрын барша қазақстандықтың қалауымен қабылданды. Халқымыз болашағымызды айқындайтын сын сағатта өзінің тарихи таңдауын жасады. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сол жылдарды еске ала келе: «Бүгін біз 1995 жылдың ұлы оқиғаларын біздің халқымыздың тарихи тағдырын таңдауы ретінде атап көрсете аламыз», – деп атап өтті,* – деген шаһар басшысы Талдықорған қаласының жетістіктеріне тоқталып өтті. – *Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы бүгінде жетістіктер шежіресіне айналуда. Оңды үрдіс Жетісудың кіндік қаласы – Талдықорғанның өзінде де көрініс тапты. Бүгінгі салтанатты шарамыз өтіп жатқан «Жастар» саябағы осының бір мысалы. Облыс әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен биыл жаңа жағалау, 300 орынды көпсалалы аурухана, «Қаратал», «Көктем» аллеялары сынды бірнеше әлеуметтік-мәдени нысандар ашылуда. Сонымен қатар, күре жолдар күрделі жөндеуден өтіп, қала инфрақұрылымының дамуына серпін беруде. Бүгінде өзендер өрнектеген Жетісу өңірінің бас қаласы Талдықорғанның қарқынды даму динамикасы тұтас облысымыздың өрлеуіне жол ашуда. Оңды өзгерістердің өзегі болған заңнамалардың түп тамыры – Ата Заңнан қуат алады. Қоғамның өркендеуіне жол ашып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген конституциялық нормалар, айтары не, өміршеңдігін дәлелдеді. Бүгінде Негізгі Заңның қағидаттарына сүйене отырып, еліміздің тұрақты дамып, азаматтардың әл-ауқатының жақсаруын қамтамасыз ету жолында еңбек етудеміз. Елбасы біздің алдымызға индустриалды-инновациялық дамуға және жаңа әлеуметтік саясатты баянды етуге бағытталған ауқымды істерді жүзеге асыру міндетін қойып отыр. Жер жаннаты Жетісудың зор әлеуеті осы тапсырмаларды толық іске асыруға қабілетті.*

Қала әкімінің айтуынша, жаңа ғасырға қадам басқалы бері облыс орталығының индустриалды-инновациялық даму көрсеткіші қомақтанып, өндірістік өнім мөлшері 10 есеге ұлғайған. Бүгінгі күні өндіріс көлемі жылына 21 миллиард теңгеге жетіп отыр. Одан бөлек, мектепке дейінгі мекемелер саны айтарлықтай өсіп, тұрғындардың саны 167 мыңға жеткен. Мұндай жетістіктерді көптеп келтіре беруге болады. 2000 жылдан бері қарай қалада 48 мың бала дүниеге келген.

Мерекелік шара соңы «Талдықорған әуендері» ансамблінің концерттік бағдарламасына ұласты.



Суреттерді түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

«БАЛАПАН»

Жаңа оқу жылының қарсаңында кішкентай балғындардың игілігіне арналған шағын балабақшалар облысымыздың түкпір-түкпірінде ашылуда. Мәселен, Іле ауданының өзінде биыл 11 балабақша ашылғалы отыр. Соның бірі Ақши ауылында бой көтеріп, ауыл бүлдіршіндеріне есігін айқара ашты.

Жаңа балабақша бой көтерді

Мақпал МЫСА

Аудандағы қатарға қосылатын 45-балабақшаны «Балапан» бағдарламасы аясында аудандық мәслихаттың депутаты, іскер азамат, «Дәулет Бекет» ЖШС-нің президенті Сыдық Дәулетов өз қаражатымен ашып отыр. Жақсыны ырым қылған түйешілер ауылында тұрғындарға үлкен сый болған балабақша «Ақбота» деп аталыпты. Салтанатты мерекеге аудан әкімі Қыдыркелді Медеуов қатысты.

Жиын басында Сыдық Дәулетов ең алдымен ауылдық Мәдениет үйіне бас сұғып, ауылдың мобильді кітапханасына принтер табыс етті. Жарқыраған әдемі ғимараттың ашылу салтанатына жиналған көпшіліктің жүзінде қуаныш ойнап, көңілдерінен жылы леп еседі. Мерекелік шара ауыл өнерпаздарының әсем ән шырқауымен ашылды. Аудан әкімі Қыдыркелді Медеуов тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу міндеті бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін айта келіп, жаңа балабақша бүлдіршіндерге бақыт сыйласын, еліміздің айбынды ұл-қыздары өсіп шықсын деп тілек білдіріп, жаңа ғимараттың лентасын қиды. Жүз балаға арналған екі қабатты шағын орталық кіреберістен әдемі безендіріліпті. Мұнда балалар бөлмесінен басқа ойын залдары мен асхана, медициналық кабинет те қамтылған. Тұрғындар атынан ауылдың Құрметті азаматы Сандыбай Керімбаев сөз сөйлеп, Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Балапан» бағдарламасына сәйкес жасалған осынау шараға қолдау көрсеткен облыс әкімі Амандық Баталовқа ризашылығын білдірді. Қоғамдық кеңес төрағасы Шынәділ Мұқанов осы игілікті іс-шараға себепкер болған іскер азамат Сыдық Бекетовке алғысын білдіріп, арнау өленін оқыды.

Іле ауданы.

ЖАСЫЛ ОРАҚ

АСТЫҚ АЛҚАБЫНДАҒЫ қарбалас

Диқандар үшін аса жауапты әрі шешуші кезең – егін ору науқаны басталғалы біраз уақыт болды. Осы орайда Қарасай ауданының шаруалары да бітік шыққан егінді ысырапсыз жинап алудың қамында жүр.



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Ежелден ел ризығын еселеп жүрген қарасайлық диқандар биыл да Отан қамбасын толтыруға өз үлестерін қоспақ. Мұнда барлығы 4780 гектарға бидай, 5137 гектарға арпа, 3920 гектарға картоп, 932 гектарға жеміс-жидек егіп, жауын-шашынның мол болғандығынан әр гектар алқаптан 20 центнер бидай, 21 центнер арпа, 222 центнер картоп алып отыр. Жиын-терінің соңына қарай бұл көрсеткіш әлдеқайда артуы ықтимал.

Осындай озаттардың қатарында Қазақ егіншілік және өсімдік ғылыми-зерттеу институтының диқандары да бар. Әрине, тәжірибелік мақсатта шағын алқаптарға бидай мен арпаның жаңа сорттарын егетін институттың егістігі үлкен емес. Мысалы, биыл мұнда барлығы 454 гектар жер игерілсе, олардың 165 гектарына «Стекловидная – 24» сорты, 30 гектарына «Қазақстандық», 25 гектарына «Наз» және 30 гектарына «Алмалы» сорты егілген.

– Біз негізінен астықтың сапалы әрі мол өнім беретін тұқымдарын шығарып, оларды шаруашылықтарға сатумен айналысамыз, – дейді институт агрономы Абдолла Бакиев. – Биыл жаңбырдың мол болуына байланысты егініміз бітік шықты. Алайда, үзіліссіз жауған жауын мен бұршақ, қатты жел астықты құлатып, комбайн шалғысына ілікпей әуреге салуда. Оның үстіне ылғалдың мол болуынан егіс алқабын шырмауық басып кеткен. Бұл да диқандарға қосымша кедергі тудырып отыр. Соған қарамастан әрбір шуақты күнді пайдаланып, егін орағын жүргізіп келеміз. Бүгіндері біздегі үш шетелдік комбайн тоқтаусыз жұмыс істеуде. Жалпы, егін орағын тамыз айының 20-на дейін толық аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Абдолла Мәлікұлының айтқаны рас екеніне алқапқа барып, қызу тірлікпен танысқанымызда көзіміз жетті. Барабанға оралған шырмауық комбайнды жиі тоқтатып, оны қолмен тазалап отыруға мәжбүрлейді. Бұл өз кезегінде біраз уақыт алатыны түсінікті. Бірақ, соған қарамастан тәжірибелі механизаторлар егін орағының қарқынын бәсеңдететін емес. Бүгіндері әр гектардан 30-32 центнерден өнім жинап отырған олар егіні бітік шыққан өзге алқаптардан бұдан да жоғары астық аламыз деп жоспарлауда. Бір сөзбен айтқанда, егіншілік және өсімдік ғылыми-зерттеу институтының диқандары аттарына селкем түсірмейтіндеріне сенімді.

Қарасай ауданы.

Тамыз айы жайлы мінез танытты. Бұл мал азығын дайындаумен айналысушыларға қолайлы болды. Біз Жарылқасын Адасбаев басқаратын «Ақтасты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болдық. Мұнда мал азығын дайындау қызу жүріп жатыр.

БЕРІК ҚОР

Төлеген Бозжанов басқаратын «Казмясо» компаниясы тікелей қамқорлығына алып, құрылтайшы болып отырған бұл серіктестікте оннан аса жаңа трактор, техника жұмыс істейді.

– Дәл осы «Шөладыр» өңірінде жалпы 2 мыңға тарта шабындық жеріміз, 500 гектар көпжылдық шөбіміз бар. Түсім жақсы. Науқан кідіріссіз жүріп жатыр. Биыл біз 2 мың тонна шөп әзірлеуді жоспарлап отырмыз. Қазірдің өзінде 610 тонна шөп әзірленді, – дейді Жарылқасын Адасбаев. Аталған серіктестік аудандағы іргелі құрылымдардың бірінен саналады. Онда 600 бас ірі қара өсірілуде. Басты мақсаттары ірі қара санын 3 мыңға дейін жеткізу. Оны өсіруге серіктестіктің материалдық-техникалық жағдайы бар. Қора-жайлары жеткілікті. Мал азығының сенімді қоры жасалуда.

Біз шөп шабудағы Серікбай Сартоловтың, Қуаныш Құдайбергеновтің, шөп тайлаудағы Нұртәліп Байбұқаевтың және шөп басудағы Сүйеніш Адасбаевтың, тасымалдаудағы Сайынбай Жұмаханов тардың еселі еңбектерін көзімізбен көріп, серіктестіктің берекесін тасытып жүрген азаматтардың қолдары қуатты болсын дедік!

Қанат БІРЖАНСАЛ.
Райымбек ауданы.

МАРАПАТ

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАР ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Ата Заң – бұл біздің береке-бірлігіміздің, құқығымыз бен еркіндігіміздің кепілі. Соның нәтижесінде ұлтаралық келісім артып, еліміз гүлденіп, күн сайын түрленіп келеді. Ата Заң тәуелсіздігіміздің тірегі. Еркіндік алып, өз алдымызға ел атанып, Көк байрағымыз желбіреген де ширек ғасыр толды. Осы аралықта республикамыз ірі де қуатты күшке ие болып, халықаралық мәртебеге көтерілді. Шүкір, бүгінде бейбіт өмір кешудеміз. Осы ретте, қоғамның тыныштығын сақтауда полиция қызметкерлеріне зор міндеттер жүктеліп отыр. Конституция күніне орай Талдықорған ҚІІБ-ның жеке құрамасы, ішкі істер органының ардагерлері марапатталды.

Өзіне артылған міндетті адал атқаруға ант берген төртіп сақшылары күн-түн демей тұрғындар үшін қызмет етуде. Соның нәтижесінде облыс орталығында қауіпті саналатын қылмыс түрі азайған. Талдықорған ҚІІБ бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Амантай Қыпшақбаев ел ішіндегі тұрақтылық пен келісім күзетінде тұрған төртіп сақшыларын мерекемен құттықтап, жылы лебізін жеткізді. Ардагер полицейлердің ерен еңбегі мен жанкешті ерлігі халық назарында. Айтулы шараға арнайы алғыс білдіру үшін бір топ ардагер қызметкерлер де шақырылған.

– *Бүгінгі жас полицейлерді тәрбиелеуге және Қазақстан полицейлерінің жарқын дәстүрін сақтауға үлкен үлес қосқан ардагерлерімізге сан алғыс. Сіздерге жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға береке тілейміз,* – деп ақжарма тілегін ақтарған Амантай Абдуллаұлы ардагерлерге тәсбелгі тағып, алғысын айтты. «ҚР ардагерлер кеңесінің 45 жылдығы» төсбелгісімен Борис Холин, Шырақбек Қабылбаев, Нұрлықайын Ғалымжанов, Нұрлан Жақсылықов, Қасенхан Жүнісбеков марапаттатлса, «Полициядағы қызметі үшін» төсбелгісін ардагер, полиция сержанты Туғанбай Низамов, майор Иван Самариндер тақты. Ардагерлер жас мамандарға өздеріне артылған жауапкершілікті жете түсініп, қызметтеріне адал болу керектігін тілге тиек етті. Сондай-ақ кадр жұмысы бөлімшесінің бастығы полиция майоры Мұхит Бөлегенов мерекелік бұйрықты жариялап, мінсіз қызметі үшін бірқатар сақшыларды марапаттады. Жұмыста жақсы нәтижелерге қол жеткізген қызметкерлерге арнайы Алғыс хат табыстады. Шара шымылдығы Ата Заң тақырыбындағы бейнероликпен жабылды. Басқарма басшысы, ардагер полицейлерге алғыс айтып, жас қызметкерлердің жұмысына сәттілік пен табыс тіледі. Келген қонақтар мен қатысушылардың көңілі көтеріліп, мерекелік леп сезілді. Ардагерлер де басқарманың өздерін ұмытпай, құрмет білдіргеніне қуаныпп, жоғары көңілмен тарқасты.

Ай НИСА.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

ҮШ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Облыстық кәсіпкерлік палатасында кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі кезекті отырыс өтті. Кәсіпкерлік субъектілерінің заңды мүддесін қорғау және оған жағдай жасау, еліміздегі бизнестің дамуындағы мәселелерді ашық түрде талқылау мен жария етуді мақсат еткен шарада үш мәселе қаралды.

Қажет АНДАС

Алдымен Кербұлақ ауданы әкімдігі тарапынан жер учаскесін рәсімдеу мен сәйкестендіру нөмірін беру кезіндегі заңбұзушылық деректер сараланса, келесі ретте «Prime Estate Activies Kaz» ЖШС-не қатысты жоспардан тыс тексеру кезіндегі салық қызметі тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтың себеп-салдары сөз болды. Соңында «Комбинснаб» АҚ реабилитациялық процедура өткізу кезінде жеке сот орындаушы Б. Донгабаков тарапынан заңбұзушылық пен әкімшілік кедергі жасау мәселесі қаралды. Осы мәселелерді егжей-тегжейлі талқылап, дұрыс шешім шығару үшін кеңеске әр деңгейдегі мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдар мен бизнес қауымдастығы мен «ЖерҒӨО» департаменті, облыстық әділет басқармасы және жеке сот орындаушылардың өңірлік палатасының өкілдері, Кербұлақ аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы, сондай-ақ, құқықтары бұзылған тұлғалар қатысып, мәселенің мән-жайын көпшілікке түсіндірді.

Елімізде кәсіпкерлікпен айналысып, ел экономикасын еселеймін деген азаматтарға мол мүмкіндік қарастырылған. Алайда, кейбір заңсыз тексерістер мен өкілетті органдар тарапынан жасалатын қысым да жоқ емес. Соның салдарынан кейбір бизнес жоспарлар толығымен орындалмай жатады. Бұл айналып келіп салыққа түсетін түсімнің кемуіне себеп болуда. Сондықтан жеке кәсіпкерлердің мұқтажын шешіп, бизнестің кедергісіз жүруін қамтамасыз ететін кәсіпкерлік палатасы өз құзыретін пайдаланып, әрдайым палата құрамындағылардың құқығын қорғаумен келеді. Бұл шара соның бір көрінісі. Мұндай көмек алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Қазақстан 2050

ДАМУ ДАҢҒЫЛЫ

Қарадала аймағына қоныстанған жұрттың негізгі тіршілігі ауылшаруашылығы өндірісімен байланысты десек те бұл өңірде шипалы ыстық су шығып, тәнге саулық, жанға демеу іздеп келушілер көбейгелі демалыс, сауықтыру орындарының саны молықты. «Қалжат» шекара бекеті жұмыс істегелі жаңадан халықаралық автодаңғыл жасалып, көршілес мемлекетпен қарым-қатынас жанданды. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» темір жолы мен автодаңғылының айтарлықтай бөлігі Үйғыр ауданының аумағынан өтіп, Қарадала өңірін дүбірге бөледі.



Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Осындай жақсылықтардың шапағатымен аймақтағы елді мекендердің жағдайы жақсаруда. Ауылдың гүлденуі – жалпы Қазақстанның дамуының айғағы. Бүгінде елді мекендерде мектеп, балабақша, ауруханалардың салынуы, жолдардың заман талабына сай жасалып, тұрғындардың таза ауызсумен қамтылуы, әлеуметтік нысандардың бой көтеріп, ескілерінің жаңалануы ел тұрмысының жақсара түскенін аңғартады. Мұндай игілікті істер Қарадала өңіріндегі ауылдарда да жүзеге асырылуда. Бұрын бұл өңірде жолдар жасап, ауыл көшелерін жаңарту күн тәртібіндегі мәселелердің бірі болатын. Қазір аудан орталығынан шалғай елді мекендердегі көшелер мен қарым-қатынас жолдарын жөндеуге байланысты құрылыс жұмыстары қарқын алса, кезектегісінің жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде.

– Біз биыл жол салу мен жөндеуге бөлінген қаржыны уақытылы игеріп, екінші жартыжылдықта атқарылатын жол, көше жөндеу жұмыстарының жобалық-сметалық істерін аяқтап, мердігерлермен келісімшарт жасауды бастағалы отырмыз, – дейді Үйғыр ауданының әкімі Алимжан Тохтасунов. – Өткен жылы бастау алған Шонжы кентіндегі Кентал Исламов атындағы көшені күрделі жөндеуден өткізуге жобалық-сметалық құжаты бойынша 434, 276 миллион теңге қажет болған. Осы қаржының 826, 487 мыңы «Жобалауқұрылыс» ЖШС-мен, 5, 577 миллион теңгесі «УКС» техникалық бақылау ЖШС-мен шарт жасауға жұмсалып, 392, 581 миллион теңгесі құрылыс жұмыстарын атқаратын «РСУ-1» ЖШС-нің еншісіне тиіп, жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар аудан орталығындағы Нысанбаева, Тейіпова көшелеріне келісімшарт бойынша жалпы 270, 801 миллион теңге бөлініп, қазір бұл көшелер ағымдағы жөндеуден өткізілуде.

Біз жақында Шарын ауылына барып, жол жөндеу жұмыстарын көрдік. Кеңес кезеңінде атақты ұжымдық шаруашылықтың орталығы болған ауылда аға ұрпақтың еңбеккорлық дәстүрінің сабақтастық тіні әлі үзілмеген екен. Осы округте ғана 530 ЖШҚ ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен шұғылданады. Мәдени, әлеуметтік әлеуетін айтпағанда, бұл ауылда өркенді өндіріс үрдісі шау тартпаған. Керісінше, заман талабына сай жаңалықтар басым. Бір ғана мысал – округтегі «Халидам» ЖШҚ осыдан бірер жыл бұрын әрқайсысының көлемі 10х40 метрлік 4 жылыжай жасап, қызанақ, қияр өсіріп, оның өнімін қыс маусымында Шонжы, Жаркент, Алматы базарларында саудалап, табысқа кенелігіп. Биыл бұрынғыдан көлемі үлкен тағы 2 жылыжай жасауда. Сол сияқты «Жамал» ЖШҚ американдық Ангус тұқымды сиырының бұқаларын сатып алып, малын асылдандыруда. Негізгі әңгімеге келсек, Шарын ауылындағы М. Хамраев көшесін ағымдағы жөндеуден өткізуге биыл 18 миллион теңге бөлінсе, М. Кебиров, Т. Тайыпов көшелерін жөндеуге жалпы 4 милион 500 мың теңге бөлініп, үш көше тамыз айында асфальтталып бітіпті. Ауыл әкімі Болат Алғазиевтың айтуынша, күн суытқанша тағы біраз көшені жөндеуден өткізіп, асфальттаудың мүмкіндігі туып отыр.

Биыл аудан елді мекендерінде көшелерді жөндеу үшін 52, 850 млн. теңге қаражат бөлінді. Бүгінде дайындық істері жүргізілуде.

– Соңғы жылдары ауыл көшелері жөнделіп, берекеміздің кіргені байқалады. Жол жөндеу ісінің қарқын алуы елдің экономикалық табысының тасқындауын байқатады. Осындай өркенді істердің бастамашысы болып отырған Елбасына, облыс әкімі Амандық Баталовқа, аудан басшысына дән ризамыз, – дейді Шарын ауылдық округіндегі ақсақалдар алқасының төрағасы Мұңдаш Сасықов.

Биыл жол жөндеу жұмысы ауданның Бахар, Ават, Дардамты, Кетпен, Қалжат, Кіші Дихан, Сүмбе, Тасқарасу және Тиірмен сияқты аудан орталығынан шалғай орналасқан ауылдық округтерде де жүзеге асты. Алматы – Қорғас тасжолының Үйғыр ауданының аумағындағы бөлігінде де жол жасалып жатыр.

Үйғыр ауданы.

КӨШПЕЛІ БРИФИНГ



ТУҒАН ЖЕРІН ТҮЛЕТКЕН

Облыстық коммуникация қызметінің Ақсу ауданындағы көшпелі отырысы барысында Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Сәбит Қорғанбаевтың бастауымен өңірдің бірқатар елді мекенін аралап, ондағы тыныс-тіршілікпен танысып қайттық. Сондай-ақ, аудан әкімінің «100 нақты қадам» Ұлт жоспары бойынша атқарып жатқан жұмыстарын көріп, көңіл қуантар көп жайдан хабардар болдық. Расымен, Ақсу ауданы – өзені мен бұлағы мол, Жоңғар Алатауына арқа сүйеп, Балқашқа емініп жатқан құтты мекен. Жалпы, аудан тұрғындарының тұрмысы егін мен малға тәуелді десек те ақсулықтар бүгінгі күннің үдесінен шығатын жаңа технологияларды қолдана отырып, инновациялық дамудың жарқын үлгісін көрсетіп келе жатқанын мақтанышпен айтуға болады.

Қажет АНДАС

Жалпы, Ақсуда инвесторлардың назарын аударатын байлық та, құнарлы жер де бар. Сондықтан, кейінгі жылдары Ұлт жоспарында көрсетілген бағыттар бойынша жүйелі жұмыс істелуінің нәтижесінде ірі корпорациялар ауданнан өкілдіктерін ашып, кәсіпкерліктің іргетасын көтерудің қамына кіріскен. Осындай жаңа бастамалардың арқасында ауданның бюджеті де толыға түсіпті. Бір сөзбен айтқанда, «100 нақты қадамның» әр қадамында көрсетілген бағыттар бойынша жұмыс атқарылған. Тынымсыз ізденістің арқасында ауданда жыл сайын егіс көлемі ұлғайып, өнім түсімі көбейген. Егін шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу, жеке қаражат пен лизинг әдістерін пайдалана отырып жаңа техникалар сатып алу қарқын алыпты.

Сол қатарда экономиканың басым секторларында «зәкірлік инвесторлармен» бірлескен кәсіпорын құру бағытында ауданға инвестиция тарту жөнінде комиссия құрылып, жоспар жасалыпты. Айталық, Ақсу қант зауытын іске қосу мақсатында немістердің BMA фирмасымен келіссөздер жүргізіліп, зауытқа 38 млрд. теңге көлемінде неміс технологиясымен қант қызылшасын өңдейтін құрал-жабдықтарды орнату жоспарланған. Жобаның ерекшелігі – қант өндірісі қалдықтарын да қайта өңдеу іске асырылмақ. Бұл ақсулық диқандардың қант қызылшасын өсіруге деген белсенділігін арттыра түскен. Сол қатарда Жақан Қылышбеков басшылық ететін «Бәйтерек» кооперативінің бастамасы жұртты сүйсіндірді. «Қылышбеков», «Жұлдыз», «Диқан» шаруа қожалықтарының басын қосқан кооператив «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК АҚ-ның қолдауымен 300 миллион теңгеге жаңа техника сатып алыпты. Германия мен Беларусь елдерінен сатып әкелінген жаңа техникалар адам күшін көп қажет етпейді. Оның үстіне бүгінгі заманауи үлгімен жабдықталған техникалар компьютерлік жүйемен жұмыс істейді. Жаңа техниканың күшімен ұжым бір ғана қант қызылшасын 400 гектарға жуық жерге егіп, өнім жинау алдында.

Ақсулықтар судан да таршылық көрмейді. Алдағы уақытта Қызылағаш су қоймасы толық қалпына келтірілсе, Жоңғар Алатауының баурайындағы кең жазықта қант қызылшасы жайқалып өсетін болады. Бүгінде ақсулықтардың тәтті түбір өсіруге деген ұмтылысы жақсы. Бір ғана Алтынарық ауылындағы егістікте жайқалып өскен бағалы дақылды көргенде, ала жаздай төгілген тердің дастарқанымыздың берекесін кіргізіп, диқандардың қаржысын еселей түсетіндігін байқадық. Басқа аумақта да осындай берекенің бар екенін аудан әкімінің орынбасарлары айтып берді. Сонымен қатар, ауданда майлы дақылдарды, әсіресе, қант қызылшасын себетіндердің саны артқан. Күздік-жаздық бидай, жаздық арпа, майбұршақтан да мол өнім алынатындығы көрініп тұр.

Шағын және орта бизнесті дамытуға қан жүгірте бастаған «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020», мүгедектерді оңалту бағдарламаларын орындау бағытындағы жұмыстар жанданып, тұрғын үй құрылысы, шағын кәсіпкерлік, инвестиция, аудан халқын сапалы ауызсумен қамту, жол жөндеу, білім, денсаулық, мәдениет және тіл, спорт және туризм салаларында жаңа бастамалар қолға алынып, жетістіктер тіркелген. Ауданның діни ахуалы мен қоғамдық тәртібі орнықты. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ширату мақсатында қомақты қаржы бөлініп, тың жобалар қолға алынған. Ауданның әлеуеті артқан сайын тұрғындар арасындағы береке-бірлік нығайып, өмір сүру деңгейі де жоғарылай түсіпті.

Өңірдің экономикалық дамуының іргетасы өнеркәсіп өнімі десек, осы саладағы Ақсу ауданы үлесінің арта түскені байқалады. Сол қатарда Суықсай ауылындағы «Жетісу – Гранит» ЖШС-нің жетістігіне ерекше тоқтала кеткен жөн. Өнімі өрісті кәсіпорын «Ақсуда инвестиция жоқ» деген сөзді жоққа шығарғандай. Жоңғар Алатауы бауырына басып жатқан байлықты ел игілігіне асыруда ұжым ерекше табандылық танытып келеді. Олар өткен жылы «Даму – өндіріс-2» бағдарламасы бойынша Қапал өңіріндегі гранит кен қазба орнын әзірлеу және өндіру мақсатында 256 млн. теңге несие алып, кен барлау, анықтау жұмысын жүргізген. Сол жұмыстардың нәтижесінде шілде айынан бастап гранит блоктарын өндіре бастапты. Қазіргі жұмыс ауқымы да ойдағыдай. «Олар «Экспо–2017» нысандарын салу үшін «АБК Құрылыс» ЖШС-ін құрылысқа қажетті 17585 шаршы метр гранит бұйымдарымен қамтамасыз ету туралы 374 млн. 471 мың теңгеге келісімшарт жасасқан. Бүгінгі күні соның 12330,92 шаршы метрі немесе 229,7 млн. теңгенің өнімін өткізіп үлгеріпті. Қазірде мұнда жұмыс істеп жүрген 60-қа жуық адамның бәрі сол өңірдің тұрғындары екен. Жұмысшылар жатақханасының өзінде қаладағыдай жағдай жасалған. Сонымен қатар, «Жетісу – Гранит» ЖШС жобалық құны 1 млрд. 800 млн. теңге гранит өңдейтін зауыт салып, өңірлік даму картасына ену үшін тиісті құжаттарын облыстық кәсіпкерлік және инновациялық-индустриялық даму басқармасына өткізіпті. Егер жоба бекітіліп, тиісті қаржы бөлінсе, Суықсай ауылынан 100-ге жуық адамды жұмыспен қамтитын ірі өндіріс орны бой көтермек. Бұл Ақсу өңіріне құйылатын инвестицияны көбейте түсуге мұрындық болатыны анық. Сонымен қатар, электр энергетикасына инвестиция тарту мәселесі бойынша Ақсу өзені бойына бірнеше шағын су электрстансысын салу жобасы қолға алыныпты. Ақсу өзенінің бойында ГЭС салу үшін жер пайдалануға мемлекеттік актінің құжаттарын ресімдеу жүргізіліп жатыр екен. Өзеннің жоғарғы учаскесінде геологиялық барлау жұмыстары атқарылуда.

Сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту үшін өңірге стратегиялық инвесторлар тарту арқылы сүт өнімдерін экспортқа шығаруға баса назар аударылғаны көрініп тұр. Біз бұл бағытта атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың ретін Қапал ауылындағы Қапал сүт зауытының, Суықсай ауылындағы «Николай К» шаруа қожалығының, Алажиде ауылындағы «Ащыбұлақ» отбасылық бордақылау алаңының жұмысымен танысу барысында жақыннан біле түстік. Бүгінде аудандағы 20 мың бас сауын сиырдан жыл басынан бері 17 мың тонна сүт сауылып, саудаланған. Өңірде дайындалған сүт Қапал ауылында орналасқан «Үштөбе Айдын» ЖШС май зауытына өткізіледі екен. Қапал ауылындағы май зауытына жақын орналасқан Арасан, Көшкентал округтерінен күніне 1500 литрге дейін сүт қабылданатын көрінеді. Зауыт директоры Василий Посмитныйдың айтуынша, жыл басынан 360 тонна сүт өңделген. Алдағы уақытта голландиялық технология бойынша «Жетісу Био Өнім» ЖШС-і Ақсу ауылдық округінің аумағында 400 басқа арналған тауарлы-сүт фермасын құруды жоспарлап отыр. Серіктестіктің қаражатымен мал қоралары салынып жатыр. Олар сүтті бағыттағы ірі қара малдарын сатып алу үшін «Казмясо» ЖШС-мен келісімшарт жасасыпты. Ал ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту, шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорттау бойынша 7 мал бордақылау алаңы жұмыс істеп тұр. Бүгінгі күні оларда 2870 бас ірі қара бордақылануда. Олар ішкі нарыққа жыл басынан бері 890 тонна сиыр етін шығарыпты. Тәулігіне 20 тонна сүт өңдейтін зауыт сол маңдағы ауыл тұрғындары малының сүтін сатып алып, нарыққа бейімделген өнім шығарумен айналысып келеді. «Николай К» шаруа қожалығының шалғай ауылдан кәсіпкерліктің көзін тауып, ауылдастарына үлгі болғаны көңіл көншітсе, жоғары білімді жас жұбайлар Мейір Жанболатов пен Дана Жұматаеваның Алматыдағы жұмыстарын тастап, Суықсай ауылынан отбасылық сауын сиыр фермасын құрып, жұртқа үлгі болғанын Елбасы бағдарламасының шалғай ауылда өркен жая бастағанының белгісі деп ұғындық.

«Туған жерге туынды тік» акциясы аясында Матай ауылында спорт және ойын-сауық кешені, Алтынарық ауылында «Ақсу агрохолдинг» жеке шаруашылық серіктестігі ашылды. 20 жылдан астам су бармай тұрған Үлгілі ауылына су жеткізілді, Жансүгіров ауылында «Мәдина» қонақүйі, Арасан ауылында «Баянжүрек» тойханасы ашылды. Соның бір жарқын көрінісіне Жансүгіров ауылындағы М. Әуезов көшесіне орналасқан, жеке кәсіпкерлердің қаржысымен құрылыс жұмыстары аяқталған 30 және 24 пәтерлі екі үйдің бүгінгі келбетімен танысқанда көз жеткіздік. Ел қамын ойлаған кәсіпкер Қадыр Сабырмен кездескен сәтімізде үлкен жүректі азаматтың ауылым дегенде ішкен асын жерге қоятын азаматтығына тәнті болдық.

Ақсу ауданында 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізуге арналған жұмыстар да тыңғылықты орындалу үстінде. Педагог кадрлардың білімін жетілдіру мен ағылшын тілін дамытуға байланысты олимпиадалар, байқау, конференция, семинар-тренингтер, «дөңгелек үстел» және басқа да іс-шаралар жоспарлы түрде ұйымдастырылады екен. Сондай-ақ, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізу кестесі жасалып, ақпараттық кітапшалар таратылыпты. Сол қатарда аудандық Е. Сиқымов атындағы орта мектептің жанынан ашылған 81 орынға лайықталған интернаттың тыныс-тіршілігін көріп, мұны Елбасы тапсырмасының ел өміріне қан жүгіртken тағы бір жаңалығы деп түсіндік.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі десек, сол бесіктен нәр алып, ұлттық болмысымызды сақтайтын да көбінесе ауыл азаматтары. Олай болса, ауыл мәдениетінің қашанда биік тұрғаны абзал. Ақсу ауданы ауыл мәдениетін жарқыратып көрсетумен, насихаттаумен өзгелерге үлгі болып келе жатыр десек, артық айтқандық болмайды. Әлеуметтік көмек тек оған шынымен зәру азаматтарға ғана берілетін жағдай орнаған. Бұқаралық, халықтық сипат алған ізгілікті акцияға аудандағы мекеме-ұжымдар, ауыл тұрғындары, іскер азаматтар түгел қатысып, қайырымдылық қорын құрыпты. Осы мақсатпен өткен жылы 10 млн. теңге қаржы жиналыпты. Осы қаржының есебімен Жансүгіров кентіндегі Пушкин және Қабанбай батыр көшелерінің қиылысына орналасқан, көптен бері бос тұрған 8 пәтерлі 2 қабатты үйге жөндеу жүргізіліп, мұқтаж жандарға беріліпті. Пәтер кілтін алған адамдардың көздерінде қуаныш оты ұшқындап, жүздеріне күлкі үйірілген толқынысты сәттеріне өзіміз де куә болдық. «Жердің құты күйінде, ердің құты үйінде, елдің құты биінде» деген халық даналығын еске алып, «Орында бар оңалады» деген осы екен-ау деп түйдік біз де.

Ақсу ауданын басып өтетін облыстық, республикалық маңызды күрежолдар мен ауыл арасын жалғайтын жолдардың мәселесі де тұрғындарды қатты мазалайтын. Биыл аудандағы ауыларалық жолдарды жөндеу, кедергісіз көлік қатынасын қалпына келтіру үшін тыңғылықты шаралар қарастырылған. Алматы – Өскемен күрежолынан Қапал ауылына беттейтін бұрылыстан Суықсай ауылына дейінгі, Суықсайдан Жансүгіров кентіне дейінгі жолдарды орташа деңгейде жөндеуден өткізуге жобалық-сметалық құжаттама жасалған. Жобаны атқаруға қажетті қаржы бөлінсе, аты мәлім «Қапал-Арасан» емдеу-сауықтыру орталығы мен қасиетті Тамшыбұлаққа атбасын бұратын алыс-жақын шетелдік туристердің саны артар еді.

Қайта жаңғыртылып, күрделі жөнделуден өткен аудан әкімдігі ғимаратына кіргенде еңсеміз тіптен көтеріле түсті. Өткен ғасырдың екінші жартысында салынған ғимараттың тағанынан шатырына дейін жаңарып, ішкі бөлмелердің құрылымы өзгертілген. Әкімдік ғимаратының қарсы алдындағы аллеяда демалып, балаларын қыдыртып жүрген жастар көзге шалынады. Осындай жетістіктерді көріп, көңіліміз марқайып аудандық әкімдіктің кіші жиынжайына жадыраған көңіл-күймен кірдік. Мұнда аудан әкімі Әділбек Далбағаев бес реформа және оны жүзеге асыруға арналған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында өңірде атқарылған жұмыстарды ретретімен айтып өтіп, журналистерден түскен сұрақтарға жауап берді.

Иә, Ақсу ауданындағы бір күндік сапарды осылай тамамдадық. Қай қырынан келсек те Ақсу ауданында жақсы жетістіктердің көп екендігі анық байқалды.





Суреттерді түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

Жұрт Отан

ӨМІРДІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Қоғамдық қабылдау тұрғындардың мәселесін шешуге арналады. Бұл жолғы қабылдау Отбасы күніне орай ұйымдастырылды. «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалында өткен шараға бірнеше ана келіп, шешімі қиын әлеуметтік жағдайын ортаға салды.

Шара «Бақытты балалық шақ» жобасы негізінде «Талдықорған аумақтық әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің қатысуымен өтті. Орталық мамандары келушілерге заңгерлік және психологиялық көмек көрсетті. Қабылдауға отбасылық түсініспеушіліктің зардабын шегіп жүргендер келді. Бір шаңырақ астында тұратын жары әйеліне қол көтеріп, тыныштық бермейді екен. Отбасындағы жанжалдан шаршаған ана әйелдерді қолдау орталығынан жәрдем сұрады. Заңгер Жанар Нұрмұханова жәбірленуші К.-ны орталыққа орналастыратын болды. Мұнда тұрмыстық қиындыққа тап болған әйелдер жатын орынмен қамтамасыз етіледі. Жанар Болатқызының айтуынша, ол жерде тағы үш нәзік жанды күнелтуде. Бұл да болса барар жері жоқ әйелдердің уақытша болса да паналауына, есін жиып, болашағын айқындап алуына септігін тигізеді. Орталықта кейбіреулердің құжатын қайта жасауына, жұмыспен қамтылуына да жағдай туғызылады. М. есімді келіншек үш баласына бұрынғы күйеуінен алимент ала алмай жүргендігін айта келіпті. Заңгер оның құжаттарын қарап, балалардың әкесінен алимент өндіріп алуына көмектесетіндігін айтты.

«Бақытты балалық шақ» жобасы партия қолға алған 9 ірі жобаның бірі. Мақсаты – балалар үйінің тәрбиеленушілері, аз қамтамасыз етілген отбасылардың ұл-қызына жағдай жасау. Бүгінгі «Отбасын қолдау апталығында» осы мәселелерді тағы бір саралау мақсатында ата-аналар комитетінің төрағалары да шақырылыпты. Олар балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету, киім-кешек әперу, қала сыртында тұратындарды автобуспен тасымалдау барысында атқарылып жатқан іс-шараларды айта келіп, алдағы уақытта қолға алу керек шараларды ортаға салды.

Жоба жетекшілері болашақта түйіні қиын өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастыратындарын айтты. Қыркүйектің 10-ы күні ата-ана конференциясы қаланың 22 мектебінде өткізілетін болып шешілді.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

МАМАН МІНБЕРІ

ТӘРБИЕ – ТАЛБЕСІКТЕН

Бала күнінде алған дұрыс тәрбие адамды жамандықтан құтқарып, жағымсыз әдеттен тыяды. Өйткені, қисық ағашты шыбық кезінде түзеуге болады. Мұны халқымыз: «Бала күнде алған білім – тасқа түскен таңбадай, қартайғанда алған білім – құмға сіңген жылғадай» деген жалғыз ауыз сөзбен түйіндеген. Ал дұрыс бағыт-бағдар алмаған жас өскін оңай адасып, жамандыққа тап болып жатады. Оған көмелетке толмағандар арасында жыныстық қатынасқа түсіп, түрлі қолайсыз оқиғаларға ұшырау оқиғаларының жиілеуі дәлел.

Қазіргі таңда қоғамның алдында балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу басты міндеттердің бірі болып тұр. Сондықтан баланың мінез-құлқын, тәрбиесін қадағалау әрбір ата-ана үшін маңызды саналмақ.

Жалпы қоғамдық тәртіпті елемейтін, қылмыс жасауға бейім бұзақы балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ішкі істер бөлімдеріне есепке алынған ондай балалар құқық тәртібін бұзуға бейім келеді. Мұны негізінен ауыр тұрмыстан, қиын мінез-құлықтан, теріс тәрбиеден көреміз. Алайда кейбір ата-аналардың өз баласының тағдырына алаңдамауы, әр нәрсеге еліктегіш баланы бетімен жіберуі, мектептен тыс уақытта оқушының немен шұғылданып жүргенін қадағаламауы осындай келеңсіз жағдайларға тап болдыратыны да бұлтартпас шындық. Осыған байланысты әрбір азамат ұл-қызын дұрыс тәрбиелеп, жөнсіз әрекеттен сақтандырса, заң талаптарын бұзуды болдырмай, өзіне жүктелген ата-аналық міндетін толық орындайды. Ал Заңның басты мақсаттарының бірі – қоғамды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Шындығында Заңды білмеу кемшілік болғанымен оны бұзған жан жауапкершіліктен құтылмайды.

Нұрсұлтан ӘУЕЗХАНОВ,
Алматы қаласы бойынша КСжАЕК бөлім прокуроры.

Алматы облысының радикалдары 2001 жылғы 11 қыркүйекте АҚШ-та болған террорлық актісін Қазақстанда қайталамақ болған

Today.kz сайтының мәліметі бойынша радикалдар 2001 жылдың 11 қыркүйегінде Нью-Йоркте болған терроризм актісін Алматы облысында қайталамақ болған. ҚР ҰҚК Шекара қызметінің әскери бөлімдеріне және Қорғаныс министрлігіне, жоғары шенді әлеуетті құрылым қызметкерлеріне және Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының қызметкерлеріне қарсы қарулы шабуылдар ұйымдастыру жоспарланған. Бұл жайында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тарапынан өткізілген брифингте ҚР Антитеррорлық орталығының өкілі Сәкен Мыңбаев хабарлады.



«Мәселені ушықтыру мақсатында террористік актілерді халық жаппай шоғырланған жерлерге ұйымдастыруды жоспарлаған. Сонымен қатар, олар Талдықорған қаласының әуежайын да қарастырған, 2001 жылғы 11 қыркүйекте АҚШ-та болған оқиғаны қайталау мақсатында азаматтық немесе әскери ұшақты ұрлау көзделген», – деп хабарлайды ҰҚК.

Алматы облысы бойынша ҰҚК қызметкерлері үш содырды қолға түсірген, олардың екеуі Қазақстан Республикасының азаматтары болса, біреуі Қырғыз елінің азаматы.

«18 тамызда Қырғыз елінің бір азаматы мен бұрын сотталған екі Қазақстан азаматы ұсталған. Бір жиында олар өз тобының басшысы ретінде Қырғыз елінің азаматын таңдаған, басқа да топ мүшелерінің міндеттерін анықтап алған. Соның ішінде біздің елдің бір азаматы өзін жарып жіберуге ниет білдірген», – деп хабарлайды ҰҚК.

«Қазақстан және Қырғыз елінің азаматтары болып табылатын ұсталған топ мүшелерінен олардың тұрғылықты жерлерінен және де арнайы дайындалған құпия орындардан қолдан жасалған жарылғыш құрылғылардың бөлшектері мен діни-экстремистік материалдар алынған. Радикалдардың полиция және әскери бөлімшелер, ҰҚК қызметкерлеріне және олардың орналасқан жерлеріне қарулы шабуыл жасау жоспарлары бейтараптандырылды. Келесі кезекте олар террористік шабуылдарын халық көп жиналған жерлерде ұйымдастыруды көздеген», – деп хабарланды ҰҚК сайтында.

ҚҰРЫЛЫС

ҮЛЕСКЕРЛЕРДІҢ ұпайы түгел

Халқымыз: «Үйі бардың – күйі бар» деп тегін айтпаса керек. Кейінгі жылдары елімізде, әсіресе, облысымызда тұрғындарды баспанамен қамту мәселесі қауырт қолға алынды. «Қолжетімді баспана – 2020», «Нұрлы Жол», тағы да басқа бағдарламалар арқылы бой көтерген тұрғын үйлер бүгінде көптің қуанышына айналды. Сондай-ақ, жеке салым есебінен де баспана мәселесін шешіп алғандар жеткілікті. Бұл іске отандық құрылыс компаниялары да белсене атсалысты. Сол компаниялардың үлескері атанып, үйлі болғандардың қатары да көбеюде.

Қажет АНДАС

Еліміздің басқа өңірін айтпағанның өзінде, бір ғана облыста атқарылған жұмыстың ауқымы кең. Алматы қаласының маңындағы облысқа қарасты жерлерге бүгінде зәулім үйлер мен коттедждер салынып, дала көркін шырайландыра түсті. Қарасай ауданына қарасты «Алтын Орда» базары мен Алатауды бөктерлей салынған үйлердің дені үлескерлердің қаржысымен бой көтергенін біреу білсе, біреу білмес. Десе де, бүгінгі жаңа жайлы тұрғын үйлердің қатарынан қаз тұруының өзі оңай болмағаны белгілі.

Осыған дейін құрылыс саласында үлескерлердің қаржысын жымқырып, түрлі келеңсіздікке жол беріп, аңқау елді алдап соғатын жағдайлар жиі орын алды. Соның салдарынан қаңқасы қаланып, құрылыс жұмысы тоқтап қалған тұрғын үйлердің айналасындағы дау-шар үлескерді де, жергілікті билікті де, Үкіметті де әуре-сарсаңға салды. Бұл жағдай біздің өңірде де тіркелді. Облыстық құрылыс басқармасы мен «Жетісу Жаңа Құрылыс» ЖШС-нің ақпараты бойынша, 2008 – 2009 жылдар аралығында облыста 4129 үлескері бар 21 проблемалық нысан болған.

Осы мәселені шешу үшін «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы №1039 Қаулысына сәйкес 2009 жылдың 6 сәуірінде үлескерлердің қатысуымен жүргізілетін тұрғын үй құрылысы бойынша Алматы облысы әкімдігінің өкілетті ұйымы «Жетісу Жаңа Құрылыс» ЖШС құрылды. Аталған ұжым үлескердің мүддесін қорғап, олардың қаржысының кім-көрінгеннің қалтасында кетпеуін қадағалап отырды. Нәтижесінде 2009 жылы мемлекеттік қаржыландырудың көмегінсіз 12 нысан бойынша 1553 үлескердің мәселесі шешілген. Одан кейін де 2706 үлескері бар 9 нысан бойынша мәселе ойдағыдай шешімін тауыпты. Сол қатарда 2012 жылы Талғар ауданындағы жалпы ауданы 10,2 мың шаршы метрді құрайтын 57 пәтерлі «Бесағаш-2» тұрғын үй кешені (57 үлескер) қолданысқа берілсе, 2014 жылдың маусым айында жалпы ауданы 239,9 мың шаршы метрді құрайтын 2175 пәтерлі 29 тұрғын үйлі «Премьера» тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталып, тұрғындардың игілігіне берілді. Айта кетерлігі, «Премьера» кешеніне 831 үлескері бар «Премьера», 728 үлескері бар «Елімай», 410 үлескері бар «Шығыс», 14 үлескері бар «Өркен», 146 үлескері бар «Аксайское предгорье», 146 үлескері бар «Яблоневый сад» кешені біріктіріліпті. Сонымен қатар сол жылдың желтоқсан айында жалпы ауданы 83,7 мың шаршы метрді құрайтын 358 үлескері бар 339 пәтерлі «Елисейские поля» коттедж қалашығы қолданысқа берілген. Демек, биліктің қадағалауымен түйткілді мәселе осылай шешімін тауып отырды.

Бұдан өзге, мемлекеттік қаржылық қолдаудың арқасында тағы 34 кешеннің құрылысы аяқталып, нәтижесінде 9 нысан бойынша 2576 үлескердің мәселесі шешімін тапты. Бұл мақсатқа бюджеттен 34,588 млрд. теңге бөлінген, оның 34,009 млрд. теңгесі республикалық бюджеттен қаржыландырылса, 0,579 млрд. теңге жергілікті бюджеттен қарастырылған. Осының арқасында барлық қажетті инженерлік жүйелері тартылып, 355 мың шаршы метр жаңа тұрғын үй бой көтеріпті. Үлескерлердің мәселесі бойынша соңғы нысан саналатын Қарасай ауданындағы «Өмірұзақ» тұрғын үй кешенінің құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың тамыз айында аяқталды. Аталған кешенде жалпы аумағы 20,922 мың шаршы метр болатын 114 пәтерден тұратын 51 жеке тұрғын үй тұрғызылыпты. Коттеджді қалашық саналатын нысан көркімен көз тартады. Екіқабатты үйлерден құралған кешен құрылысы арқылы 105 үлескердің мәселесі оңды шешімін тапты.

Міне, 2009 жылдан бері үлескерлердің тұрғын үй мәселесін шешу облыс басшылығының үнемі бақылауында тұрғандықтан қордаланған мәселе араға біраз жылды салып барып толық шешімін тапты. «Ештен кеш жақсы» деген халық даналығы осыны аңғартса керек. Үлескерлердің қатысуымен құрылыс жүргізу жұмыстарына жауапты облыс әкімдігінің уәкілетті органы болып табылатын «Жетісу Жаңа Құрылыс» ЖШС-нің директоры Нүгірбек Абулғазиннің мәлімдеуінше, бүгінгі күні Алматы облысында үлескерлік құрылыс мәселесі толықтай шешімін тапқан. Сонымен қатар, 2010 – 2012 жылдары аталған нысандарды инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдармен қамту үшін қазандық, су, электр, жылу, газ, кәріз жүйелері салынды. Бұл да биліктің тұрғындардың көрікті кешенде көңілді тіршілік етуіне жасаған тағы бір көмегі болды.

Жетісулық үлескерлер тәуелсіздіктің 25 жылдығын осындай жайлы баспанада жарасымды көңіл-күймен қарсы алатын болды.



ЕҢБЕК. ОТБАСЫ. ҚҰТ-БЕРЕКЕ

Менің әкем – менің қорғаным

Отбасы - қоғамдық құрылымның тобы, алғашқы ұясы. Қоғамның негізгі мақсаты - адамдарды бақытты ету, ал мұның өзі тәрбиесі тең, керегесі кең, берік отбасына байланысты. Әке мейірімі мен құрылымын қандырып, ана сүтінен нәр алып, әке ұлағаты мен ана тағылымын көріп өскен ұпақ елін, жерін, халқын сүйетін ұлтжанды тұлға болып қалыптасады.

Баланың болашақта жақсы азамат, жанжақты өнегелі тұлға болуы отбасында берілетін тәрбиеге тікелей байланысты. Осыған орай, жуықта Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында Еңбекшіқазақ ауданы ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Адам және қоғам» қоғамдық ұйымы ұйымдастырған «Менің отбасым – менің қорғаным» атты әкелер слеті өтті. Әкелер слетіне ауданның 12 ауыл округінің белсенді азаматтыры қатысты. Аудандық әкелер слетінің негізгі мақсаты – отбасылық қарым-қатынас пен рухани адамгершілік дәстүрлерді қалыптастырудағы әкенің рөлін жоғарылату. Әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарымыз арқылы баланы тәрбиелеу басты мәселелердің бірі болып есептелетінін қоғам арасында насихаттау. Ұрпақ санасында ата-баба дәстүріне құрмет сезімін, отаншылдық, патриоттық сезімдерді қалыптастыру. Слет жұмысы арқылы әке мен бала арасындағы қарым-қатынас туралы түрлі көзқарастар мен тұжырымдарды бір ортаға шоғырландыру, жаңашыл идеяларға қолдау көрсету.

Слетті «Еңбекшіқазақ» аудандық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Қайролла Ахметжанов ашты. Слетке Еңбекшіқазақ аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Роза Исатаева, Еңбекшіқазақ ауданының ішкі саясат бөлімінің бас маманы Думан Мырзақожа қатысты. Слет 3 номинация бойынша өтті. Олар «Шебер әке» – өнерлі әкелер мен шебер әкелердің қолдан жасалған бұйымдары, «Балуан әке» – әкелер арасында гір көтеруден, «Шығармашылық әке» – әкелер шығармашылығы бойынша спорттық сайыстардан өтті.

Слет соңында І дәрежелі диплом мен бағалы сыйлықпен Қаракемер ауылдық округінің тұрғыны Еркуат Оңашханұлы, Курванжан Таиров ІІ дәрежелі дипломмен, ІІІ дәрежелі диплом Шелек ауылдық округінің тұрғыны Талғат Бижанов марапатталды. Еңбекшіқазақ ауданы ішкі саясат бөлімінің грамотасы мен естелік сыйлықпен өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі мен аудандық отбасылық іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін барлық қатысушылар марапатталды. Дана халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, анасына қарап қыз өсер» деген мақал бар. Балаңызды жақсы азамат етіп өсірсеңіз, ол сізді шаттық пен қуанышқа бөлейді. Ал тәрбиенің діңгегі ата-анадан бастау алатындықтан «Әкеден – ақыл, анадан – мейір» дегенді ұмытпауымыз керек. Шара соңында шағын мерекелік концерт болды.

Жанат СМАНКҰЛОВА.
Еңбекшіқазақ ауданы.



Басты құндылық

Нарықтық экономиканың заңдылығы ма, әлде шетелге еліктеу үдерісі ме, кім білсін, көңілге қонымсыз, қазақы болмысымызға жат әрекеттер жастарымыздың бойын жаулап барады. Кейде: «Оларды босқа кінәлап жүрміз бе?!» – деген ойға да барасың. Олай емес, басқа жұрттың тірлікке қатысты танымы өзгеше. Мысалы, азиялық жапондар, корейлер, малайлықтар, қытайлар, тіпті мұхиттың арғы жағындағы бразилиялықтар мен канадалықтар отбасылық құндылықтарын ұлықтаумен-ақ әлемдік өркениеттің тізгінін ұстап отырған жоқ па?! Қойнауы құт, баурайы байлыққа тұнған даламыз мынау. Ауыртпалықты күндерде жесірін жылатпаған, жетімін қаңғыртпаған елдің бүгінгі ұрпағы неліктен өкініште жағдайларға ұрынады?! Жасыратыны жоқ, бүгінде ажырасу деген сәнге айналды. Одан зардап шегіп жатқан өрімдей балалардың мұң-зарын қайсымыз есептедік?...

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген сөз бекерге айтылмаған. Ұлдың да, қыздың да қандай болып өспегі отбасындағы тәрбиеге тікелей байланысты. Шаттықты шаңырақта әрбір адамның жекебасының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеуде отбасындағы жарасымдылықтың, татулық пен өзара түсіністіктің, сүйіспеншілік пен сыйластықтың, ауызбіршіліктің берері мол екені анық. Әке-шешенің үлгі-өнегесі баланың дұрыс тәрбиеленуінің ең ықпалды құралы саналады. «Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі бүлінген отбасынан кемелді ұрпақ жетіле ме?» – деген сауал баршаны мазалайды.

Қазақ елінің жарқын болашағы – қазіргі жастар. Олар еліміздің кемел келешегі, қамқоршысы және алға бастар көшбасшылары. Ал олардың осындай қасиет иесі болып өсіп-өнуіне қазірден бастап аянбай тер төгіп, бар күш-жігер, білімімізді жұмылдырып, нәтижелі іс көрсету біздің міндетіміз. Сондықтан неке берік болуы үшін отбасының, оның мүшелерінің және қоршаған ортаның әсері ерекше екенін естен шығармаған абзал. Осыған байланысты халқымыз «Отан – отбасынан басталады» деп тұжырымдап, керемет қанатты сөз қалдырған. Демек, еліміздің мықты болуы отбасы іргесінің беріктігіне, шаңырағының бүтіндігіне тікелей байланысты. Қоғамдағы әр отбасының босағасы берік, керегесі кең болса, еліміз де соған сай көркейіп, дами бермек.

Отбасылық проблеманың пайда болуына бірінші кезекте әлеуметтік және экономикалық жағдай әсер етеді. Экономикалық деп жұмыстан айырылу, жалақының төмендігі секілді жайттарды айтар болсақ, әлеуметтікке ішімдікке салынуды, ерлі-зайыпты жандардың мінез кереғарлығын себеп ретінде келтіруге болады. Тағы бір өзекті мәселе – ата-аналық дағдарыс, яғни, әкелік, аналық жауапкершіліктен қашу, баладан бас тарту. Бүгінде елімізде 4 миллионнан астам отбасы бар. Онда 5 миллионға жуық бала тәрбиеленуде. Олардың 34 мыңы түрлі себептермен ата-анасынан айырылғандар, 24 мыңға жуығы басқа шаңырақта тәрбиеленуде. Бөтен отбасы асырап алған балалардың көбін ата-анасы тастап кеткен. Бұл әкелік және аналық парыз құндылығының мүлде құлдырап бара жатқандығының белгісі.

Отбасы берекесін алып, неке қадірін қашырып, шаңырақ шаттығын шайқалтып отырған себептің бірі – азаматтық неке. Азаматтық некені қазақ халқы ешуақытта мойындамаған. Еліміздің «Неке және Отбасы туралы» Заңында азаматтық неке жөнінде ешқандай түсініктеме берілмеген. Дей тұрғанмен, батыстан енген бұл жағымсыз үрдіс бізді де бұлдіріп, көптеген қандасымызды отбасылық жауапкершіліктен ада тұрмыстың тұңғиығына батырды. Олардың санын дөп басып айтудың өзі мүмкін емес. Аға буын өкілдерінің ақылына сыймайтын азаматтық неке жастар тарапынан үлкен қолдау тапты. Бұл, бір жағынан, жауапкершіліктен қашу болса, екінші жағынан, кез келген уақытта қосылып, қаламаса айырылысып кете берудің оңай жолы. Дініміз бен дәлімізге жат азаматтық неке қоғамға демографиялық, рухани және басқа да зардаптар әкелуде. Оған бейімделмей, керісінше, арылудың жолын іздемесек, расында тастанды, жартылай жетім балалардың саны жыл өте көбеймесе, кемімес.

Ар-ұятты бірінші орынға қоятын ибалы қазақ қыздары бойжеткен соң «Жол мұраты – жету, қыз мұраты – кету» дегендей, келін болып, ана атануға асығады. Әрине, бұл өмір заңдылығы. Біздің айтып отырғанымыз да осы. Неке деген ұлы ұғым құндылығының бағаланбай кеткені сонша, миллиондаған қаражат жұмсалған тойдан соң бір-екі жыл ғана отасып, ажырасқа салатындардың саны арты. Көкке ұшқан ақшаға ғана емес, ағайын-туыс, дос-жараннан алдында төгілген абыройға да алаңдаушылық білдіруіміз керек секілді. Бүгінгі қоғамдық үлкен проблеманың бірі осы. Отбасын сақтап қалуға мән берілмеген соң бала тәрбиесі де, ұлттық құндылық та өз деңгейінен төмен түсіп, ысырылып жолда қалмақ. Ата-бабамыздан жалғасып бүгінге жеткен әрбір салтты сақтап, дәріптеп, тура жолдан таймау бізге жүктелген үлкен жүк...

Қайрат ИМАНХАНОВ,
Көксу аудандық сотының төрағасы.



Қарапайым халықтың әлеуметтік мәселелерін құзырлы органдарға жеткізу, билік пен бұқара арасында дәнекерлік жасау «Нұр Отан» партиясының басты міндеттерінің бірі. Осы мақсатта облыстық мәслихат депутаты Әли Алпысбаев «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде жеке қабылдауына жазылған азаматтармен жүздесіп, тұрғындардың талап-тілегін тыңдады.

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ТЫҢДАЛДЫ

Мәди АЛЖАНБАЙ

Алдымен Талдықорған қаласындағы тұрғын үй-коммуналдық және құрылыс қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Шәймұрат Шаяхметов соңғы уақытта коммуналдық қызметтердің тарифтері өскендігін, соған орай ел ішінде, әсіресе, кәсіподақ мүшелері арасында тариф бағасының өсуіне алаңдаушылық бар екендігін жеткізіп, тарифтің өсуіне қандай факторлардың ықпал ететінін сұрады. Қабылдауға келген азаматқа жылышырай танытып, «Нұр Отан» партиясы халық пен биліктің арасын жалғайтын алтын арқау екендігін атап өткен Әли Демегенұлы кездесуге шақырылған осы саланың мамандары – Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бағлан Танекенов пен Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің «Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу» бөлімінің басшысы Айжан Сәрсембайқызын таныстырды. Қос маман қойылған сауалға қатысты нақты жауап беріп, тариф құнының өсуіне қатысты түсінік берді.

– Жалпы Жетісу жұртшылығы электр қуатын Мойнақ, Текелі, Екібастұз, Жамбыл СЭС-терінен алады. Бәрі де өзімізден. Соның ішінде басым бөлігін Екібастұз ЖЭС-інен аламыз. Райымбек ауданындағы «Мойнақ» СЭС-інен 300 мегаватт электр қуаты алынады. Бірақ ол баламалы қуат көзі саналады. Көмір, мазут секілді жанармайларды жағу арқылы емес, табиғи жолмен, тау өзенінің суынан алынады, – деген облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бағлан Танекенов жарық құнының өсу себебін түсіндіріп өтті. – «Қазақстанда баламалы қуат көздерін қолдау туралы» Заңына сәйкес 2014 жылы электр қуатының тарифін мемлекет бекіткен болатын. Оның өзіндік құны аса өспеген. Өйткені Жетісу жері суға бай. Таудан аққан өзендерді ауызсуға да, басқа да мақсаттарға пайдалануға болады. Бағасы тіпті төмен. Мысалы, дүкендердегі бір литрлік шөлмектегі ауызсу 200 теңге болса, біздің асүйіміз бен ваннамызда сарқырап жатқан, 150 метрлік тереңдіктен алынатын құбырдағы судың 1 мың литрі 68 теңгеге бағаланған. Сондықтан тұрғындар сапасы жақсы суды үнемдеуді ескеруі тиіс. Алайда суды үнемдеу мүлде ескерілмей жатқан мәселе.

Осындай өзекті мәселелерді жан-жақты талқылаған мамандар облыстық мемлекеттік қызметкерлер кәсіподағының төрағасы Ержан Дүйсенбаевты тыңдады. Соңғы кездері тариф құнының өсетіндігі жайлы деректердің шыға бастағандығын алға тартқан кәсіподақ жетекшісі мамандарға: «Халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын табысы аз топтары – мүгедектер мен зейнеткерлерге жеңілдіктер бар ма?» – деген сұрақ қойды. Оның сауалына жауап берген Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің «Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу» бөлімінің басшысы Айжан Сәрсембайқызы мүмкіндігі шектеулі жандар мен аз қамтылған отбасыларға ондай жеңілдіктердің қарастырылмағанын жеткізді. Тек тапқан табысы коммуналдық төлемдерді төлеуге жетпеген жағдайда кез келген тұрғын әлеуметтік қорғау басқармасына жүгіну арқылы қаржылай көмек ала алады.

ЖАЙДАРМАН

Татулығы жарасқан

Айдынды Алакөл ауданында «Татулығы жарасқан отбасы» атты әдеби-қонақжай кеш жоғары деңгейде аталып өтті. Аталмыш шараны аудандық орталық кітапханаының ұжымы ұйымдастырды. Әдеби кешке ғасыр жасаған Мәкіш Омарбекова апамыз арнайы шақырылып, жастарға үлгі болар ақыл-кеңестер айтты.

Шараны аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Гүлден Жексенбаева құттықтау сөзбен ашып, 2006 жылдан бері аталып келе жатқан мерейлі мерекенің талай отбасыға шаттық, сан жүрекке жылылық сыйлағанын айтып өтті. Осыдан кейін бес баладан 28 немере, 33 шөбере, 5 шөпшек сүйіп отырған Мәкіш апамыз өткен өмірінен естелік айтып, отбасы берекесін сақтаудағы аналардың орнына ерекше тоқталды. Сондай-ақ, ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың рөлі мен орнын ерекше бағалап, мерейлі отбасын құру жолдарын тілге тиек етті.

Шараға жастар да құралақан келмепті. Аудандық №1 орта мектеп пен аудандық Зейнеп Қойшыбаева атындағы Мәдениет үйінің жастары концерттік бағдарламасын ұсынды. Аталмыш шараны аудандық кітапхананың директоры Г. Сүйеубаева қорытындылап, апамызға сый-құрмет көрсетті.

Рысгүл РАМАЗАНҚЫЗЫ,
аудандық кітапхана қызметкері.
Алакөл ауданы.

ЕЛ ИГІЛІГІ

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Көктемде егінін егіп, жаз бойы дақылын баптайтын шаруаларды сумен қамтамасыз етуде тынымсыз еңбектеніп келе жатқан Көксу өндірістік учаскесі жыл бойы бірқатар игілікті жұмыс атқарды. Өткен жылы Үкіметтің қолдауымен қомақты қаржы бөлініп, 582,7 шақырым ішкі, 119,3 шақырым шаруашылықаралық тоған, 65,8 шақырым магистральді арна 175 шақырым суландыру жүйесі, барлығы 942,8 шақырым ауданның ішкі шаруашылық тоғанын құжаттандыру жұмысы толығымен аяқталды.

Десе де ел арасында суға алынатын ақының текшеметрі 0,51 теңгені құрайтынын алға тартып, оны көрші аудандардағы бағамен салыстыра қарастырып, баға қымбат деген пікір қалыптасып қалғаны рас. Тіпті кейбір басылымдардың бұл мәселені көтеріп жатқанын көріп келеміз. Сондықтан, осы мәселенің мән-жайын зерделеу үшін Көксу өндірістік учаскесіне арнайы ат басын бұрып,мекеменің бұрынғы басшысы Төлеген Түстікбековтен сұрап едік:

— Бұл арада түсінбестік орын алып отырғаны анық. Айталық,әр ауданда өзінің суландыру жүйесі бар. Жағдайы да басқаша. Біздегі суландыру жүйесі инженерлік жүйеге жатады. Барлық канал темір-бетонмен қапталған. Көршілес аудандар әлі де жер тоғандарды пайдаланып келеді. Су бағасындағы ұқсамастық осындай жағдайлармен қатысты. Тағы бір жағынан, судан алынатын ақыны ешқашан жергілікті билік белгілей алмайды. Оны әр өңірдің суландыру жүйесіне қарай облыстық табиғи монополияларды реттеу департаменті белгілеп береді. Шындығына келер болсақ, қазіргі уақытта аудандағы судың әр текше метрінен алынатын ақы 0,51 теңгені құрамайды. Бұл жаңсақ пікір. Биыл шілде айының бірінші жұлдызынан бастап жоғарыдағы аталған мекеме суды жеткізіп беру ақысының әр текше метрінің құнын 0,37 теңге көлемінде бекітіп берді. Біз сол бойынша ақы төлеп келеміз,— деген жауап алдық.

Көксу өндірістік учаскесінің басшысы Нұрлан Қожақпановтан білгеніміздей, биыл аудандағы 1207 шаруа қожалығының басшылары және жеке тұлғалар су алу үшін жергілікті билікпен келісімшартқа отырған. Осыған орай,13763 гектар жерге су жеткізу жоспарланған. Жұмыс ойдағыдай жүргенімен кейбір жетіспеушілік те болып тұрады екен. Айталық аудандағы су жүйесінің ұзындығы 942,8 шақырымды құрайды. Оны қадағалап, жүйелі жұмыс істеу үшін 230 — 250 адам қарастырылу қажет. Өкінішке қарай, кадр мәселесі тапшылық танытып келеді. Сондай-ақ,тұрғындар суды пайдаланып болған соң ақы төлегісі келмейді. Салдарынан былтырғы жылдан қалған 3 миллион 100 мың теңге су ақысын әлі күнге ала алмай келеді. Атап айтар болсақ,Еңбекші ауылдық округі 2 миллион 505 мың, Балпық ауылдық округі 259 мың, Мұқаншы ауылдық округі 235 мың теңге қарыз. Биылғы жылдың өзінде 13 миллион 300 мың теңге көлемінде су ақысын жинау керек. Оның қаншасы қарыз болып келер жылға қалатыны белгісіз.

Салыстырмалы түрде айтар болсақ, аудандағы су бағасы өте арзан. Айталық, қазіргі күнде елімізде алынған өнімнің 0,6 пайызы ғана оны өсіруге пайдаланылған су ақысына жұмсалады. Ал Батыс Еуропа елдерінде өнімнің 8, Қытайда 5,8, Ресейде 3 пайызы су ақысына төленеді екен. Осының өзі өңіріміздегі суға төленетін ақының тым төмендігін көрсетеді. Оның үстіне, ауданның су пайдалануға қатысты инженерлік жүйеге елден бұрын көшкенін ескерсек, атқарылып жатқан шараның ел келешегіне серпін беретіндігін болжау қиын емес.

Алаш ТҰРСЫНӘЛІ,

Көксу ауданы.

МАМАН МІНБЕРІ

АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМ

Заңды күшіне енбеген сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығы іске қатысушы тараптар мен басқа да іске қатысуға тартылмаған, бірақ, сот құқықтары мен міндеттері жөнінде шешім қабылдаған тұлғаларға беріледі.

Аудандық және оларға теңестірілген соттар шығарған заңды күшіне енбеген шешімдерге шағым, наразылық сот шығарған шешімнің көшірмесі тапсырылған күннен бастап бір ай ішінде беріледі. Уәкілетті органның мемлекеттік сатып алу өткізуін тексеру қорытындылары жөніндегі шешімдерін, қорытындыларын және нұсқамаларын даулау туралы істер бойынша апелляциялық шағым наразылық шешім шығарылған күннен бастап он күн ішінде берілуі тиіс. Бұл бұдан бұрынғы Азаматтық іс жүргізу кодексінде басқаша көрсетілген еді.

Атап өтерлігі, өкіл қол қойған шағымға сенімхат немесе істе ондай құжат болмаса, өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын өзге құжат қоса берілуге тиіс. Электрондық құжат нысанында берілген шағым оны беретін тұлғаның немесе оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады. Наразылыққа құжаттардың электронды көшірмелері қоса беріледі. Апелляциялық шағымда бірінші сатыдағы сотқа айтылмаған мәліметтер болмауы керек. Және де іске қатысатын адам апелляциялық шағымға, наразылыққа қатысты пікір білдіруге құқылы. Мысалы, кейбір адамдар берген шағымның атауын жазбай немесе толық жазбай, тек шағым деп көрсетуі, тіпті, өкіл қол қойған шағымда сенімхат тіркелмеген болуы мүмкін. Мұндай жағдайда талапқа сай келмейтін апелляциялық наразылық берілген кезде судья үйғарым шығарады. Онда шағымды қозғаусыз қалдырады және оны берген тұлғаға кемшіліктерді түзету үшін мерзім тағайындайды.

Егер апелляциялық шағым берген, наразылық келтірген тұлға үйғарымда қамтылған нұсқауларды белгіленген мерзімде орындаса, шағым немесе наразылық сотқа алғашқы ұсынылған күні берілген деп есептеледі. Ал, егер үйғарымда қамтылған нұсқаулар белгіленген мерзімде орындалмаса, судья құжаттарымен қоса қайтару үйғарымын шығара алады.

Шағым мен наразылық шешім қаулы шығарған аудандық және оларға теңестірілген сот арқылы келтіріледі әрі іске қатысушы тұлғалардың санына қарай көшірмелерімен қоса сотқа беріледі. Қажет болған жағдайда судья шағымға немесе наразылыққа қоса берілген жазбаша дәлелдемелердің көшірмелерін іске қатысатын адамдардың санына қарай беруге міндеттей алады.

Б.ТОҚПАҚОВА,
Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы, сот мәжілісінің хатшысы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 109 (18241)

Сенбі, 1 қазан, 2016 жыл.

ЕРТЕҢ – МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ



ҰСТАЗ ҰЛАҒАТТЫҢ БАСТАУЫ

Ұлағаттың басында ұстаз тұрады. Сондықтан да халық арасында «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» деген тәмсіл қалыптасқан. Бұл жөнінде кезінде қазақтың біртуар ақыны Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім» – деген еді. Ұрпақ тәрбиелеуші мұғалімдер мерекесі биыл да өз дәрежесінде өтті.

Гүлжан ТҰРСЫН

«Жастар» спорт сарайындағы салтанатты шараға облыс әкімі Амандық Баталов қатысып, төл мереке иелеріне ізгі тілегін білдірді. «Өзінің ісімен, сөзімен егемен еліміздің болашағын ойлайтын, тәуелсіздігін қорғайтын білімді ұрпақтың тәлімгерлері сіздерсіздер! Ұрпақ тәрбиесі жолында қызмет етіп келе жатқан мұғалімдердің ата-анадан кейінгі атқарар ролі ерекше. Биыл ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы. Дарынды, талантты жастарымыз Тәуелсіздіктің жемісін көріп, Президентіміздің салиқалы саясатының нәтижесінде әлемнің әр қиырында білім алуда. Білім беру жүйесі әлемдік стандарттарға сай дамуда. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында осы саланы дамытудың нақты мақсаттары белгіленді. Жетісу жерінде де бұл орайда ауқымды жұмыстар атқарылуда», – деді облыс басшысы.

Облысымызда 35 мыңнан аса мұғалім жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде. Соңғы жылдың өзінде ұстаздар қатары 1281 жас маманмен толықты. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде 2011 жылға қарағанда білім саласына бөлінген қаржы екі есе өсіп, 148 миллиард теңгені құрады. Облыста «Нұрлы Жол» бағдарламасына орай 21 мектеп салынып жатыр. Биыл білім күні қарсаңында өңіріміз бойынша 6 мектеп пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін тағы үш мектеп оқушаларының білім алуы үшін есік ашпақшы. Ұстаздардың білімін көтеріп, заманауи бағдарламаларды меңгеруіне жағдай туғызылып жатқаны баршаға аян. Ол үшін әртүрлі курстар ашылып, білім жетілдіру институттары жұмыс істейді. Бүгінде облыста ұстаздардың 52 пайызы жоғары және бірінші санаттағыларды құрады. «Еңбегіне қарай – өнбегі» демекші, мұғалімдердің арасында балалардың дарынын ашуға ерекше үлес қосып жүргендер де бар. Олардың уақытпен санаспай атқарған жұмысы орынды бағалануда. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ерен еңбек етіп жүрген бес мыңға жуық ұстазға 30 – 100 пайыз деңгейінде үстеме айлық төленеді. Ұстаздарға әлеуметтік жағдай жасау да назардан тыс қалмайды. Мысалы, 4 мың мұғалімге бір реттік материалдық көмек беріліп, 1188 ұстаз тұрғын үйге несие алды.

Білім жүйесінің жаны да, жүрегі де, тірегі де – ұстаз. Сондықтан, ұстаздарға жасалып жатқан жағдай келешекке қаланған кірпіш десе болғандай.

Салтанатты жиын соңында жылдағы үрдіс бойынша кәсіби деңгейі жоғары мекеме және ұстаздар анықталып, іс-тәжірибелерін насихаттау мақсатында жыл сайын мұғалімдер арасында ұйымдастырылған байқаудың нәтижесі белгілі болды. Жеңімпаздарға облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы арнайы сыйлықтар табыс етті. «Жылдың үздік мұғалімі – 2016» байқауының жеңімпазы Жамбыл ауданы Үмбетәлі Кәрібаев атындағы орта мектептің биология пәнінің мұғалімі Гүлхан Нұрғазиева атанды. «Үздік балабақша» байқауының жеңімпазы Қарасай ауданы «Бота» балабақшасына бұйырды. «Үздік ауыл мектебі» байқауының жеңімпазы Ақсу ауданы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының үлесіне тиді. «Үздік сынып жетекшісі» атағын Кербұлақ ауданы Ж. Тобаяқов атындағы орта мектептің биология пәнінің мұғалімі Жансая Нарымбаева жеңіп алды. «Үздік көсіптік білім беретін мекеме» байқауының жеңімпазы дәрежесін Есік гуманитарлы-экономикалық колледжі еншіледі. «Қосымша білім берудің үздік мекемесі» деген мәртебені Көксу ауданының музыка мектебі жеңіп алды. «Орта білім беретін үздік ұйым» гранты Қапшағай қалалық орта мектебіне бұйырды. Сыйға берілген қомақты қаржы мекеменің игілігіне жұмсалмақшы.

«Жылдың үздік мұғалімі» – Гүлхан Нұрғазиеваға жеңіл автокөлік мінгізілді. Құрметті атқа лайық деп танылған Гүлхан Елубайқызы салтанатты жиында сөз алып, облыс басшылары, білім саласы жетекшілеріне жүрекжарды лебізін білдірді. – Ұстаздықты ауыл мектебінен бастадым. Содан бері 14 жыл өте шығыпты. Жас ұрпаққа сапалы білім беруге, халықаралық дәрежеге сай жан-жақты тәрбиеленуіне ерекше көңіл бөлемін. Ұлттық университеттен алған дәрісті ұл-қыздардың санасына сіңіруге арнап келемін. Бүгінде балаларды оқытуға, материалдық жағдайды жақсартуға облыстық әкімдік тарапынан үлкен қамқорлық көрсетілуде. Ол үшін облыс әкімі Амандық Баталовқа ұстаздардың атынан алғыс білдіріп, ыстық сәлемін жеткізгім келеді. – Сіздің бізге жасаған қолдауыңыз балалардың болашағын ойлағаныңыз. Жақсы білімнің нәтижесін уақыт көрсетіп отыр. Облыс мектептерінен білім алған балалар әлемдік дәрежедегі оқу орындарында оқып, ғылымның әр саласында жетістік көрсетуде. Еңбектеріңізге табыс тілеймін»,– деді ұстаз.

Бұл күні облыстық байқаудың екінші, үшінші орын жүлдегерлерін облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев қабылдап, жеңімпаздарды марапаттады. Мерейлері үстем болған мұғалімдер еңбектерінің жанғанына шаттанып, жаңа күш-қуат алды.

Алматы облысы бойынша шығып қалғандардың орнына мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну және тіркеу барысы туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес шығып қалғандардың орнына Алматы облысы мәслихаттарының депутаттарын сайлау облыстық сайлау комиссиясының қаулысымен 2016 жылдың 30 қазанына белгіленген.

Шығып қалғандардың орнына сайлау Алматы облыстық мәслихатының № 41 Жетіген сайлау округі, Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының № 10 Қарашеңгел сайлау округі, Көксу аудандық мәслихатының № 2 Измайлов сайлау округі бойынша өткізілуде.

Барлығы 9 кандидат ұсынылған, 3 – Алматы облыстық мәслихатқа, 6 – аудандық мәслихаттарға (3 – Көксу аудандық мәслихатқа, 3 – Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатқа). 8 кандидат тіркелген (3 – облыстық мәслихатқа, 3 – Көксу аудандық мәслихатқа, 2 – Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатқа).

Кандидаттарды ұсыну ағымдағы жылдың 30 қыркүйегінде тоқтатылды, тіркеу 5 қазанында аяқталады.

Алматы облыстық сайлау комиссиясы.

Алматы облысының Қоғамдық кеңесі хабарлайды

2016 жылғы 12 қазанда Алматы облыстық Қоғамдық кеңесінің отырысы өткізіледі.

Отырыстың күн тәртібіне қоғамдық тыңдау рәсімін жүзеге асыру аясында енгізіліп отырған мәселе:

«Облыс әкімдігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» №29 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Алматы облысы әкімдігі қаулысының жобасын жария талқылау.

Басталу уақыты – 15.00, өткізілетін орны – Талдықорған қаласы, І.Жансүгіров көшесі, №36 «Б» (Тіл сарайы).

СЕЛЕКТОР

Дайындық барысы пысықталды

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың қатысуымен Үкімет отырысы өтті. Онда Астанадағы «ЭКСПО – 2017» көрмесіне әзірлік бойынша жұмыс барысы қарастырылып, көрмені насихаттау, волонтерлік қызмет, туристік пакеттер әзірлеу, Астанадағы нысандардың көрмеге келушілерді қабылдау дайындығы, астаналық әуежай терминалының құрылысы, қонақүйлердің әзірлігі, логистика мәселелері талқыланды.

Қажет АНДАС

Жиында «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Ахметжан Есімов және басқа да құзырлы ведомство басшылары мен мамандары баяндама оқып, ауқымды істің бүгінгі жағдайын тілге тиек етті. Олардың айтуынша, бүгінде көрме нысандарының құрылысына отандық тауар өндірушілер тартылып, қомақты қаржыға келісімшарттар жасалған. Инвестициялық жобалардың нәтижесінде еліміздің әрбір өңірінде жаңа жұмыс орындары құрылған.

Тағы бір айта кетерлігі, биыл 10 маусымнан Астана қаласында «ЭКСПО – 2017» көрмесінің билеттерін онлайн сату басталды. Билеттік бағдарлама көрмеге бару мүмкіндігіне әрбір қазақстандық ие болатындай әзірленген. Көрмеге еркін қолжетімділікке Ұлы Отан соғысының ардагерлері, мүмкіндігі шектеулі жандар, жетім және 6 жасқа дейінгі балалар ие болады. Жеңілдікпен сатылатын билеттерді зейнеткерлер, көпбалалы аналар, студенттер мен мектеп оқушылары ала алады. Көрме кезінде шетелден 2 миллионнан астам турист келеді деп күтілуде. Осы қонақтарды қарсы алып, шығарып салу үшін қазіргі уақытта қоғам еріктілері қабылдануда. Көрме кезінде жұмыс істейтін үш мың еріктінің тең жартысы Астана қаласынан, қалғаны Алматыдан және еліміздің өңірлерінен келеді. Сондықтан жер-жерлердегі еріктілерді іріктеу жастар бірлестіктері өкілдерінің қатысуымен өтуде.

Осындай жетістіктерді жоғары бағалаған Бақытжан Әбдірұлы орын алған кейбір кемшіліктерді де қатаң сынға алды. Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-Министр жауапты мемлекеттік органдарға «ЭКСПО – 2017» көрмесін өткізуге дайындық барысын бақылауға алуды және көрме нысандарының мерзімінде пайдалануға берілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Жиын соңында облыс әкімі Амандық Баталов мекеме өкілдерінен «ЕХРО – 2017» көрмесіне облыстың дайындығы туралы сұрап, нақты тапсырмалар жүктеді.

ЖАЙДАРМАН

«АЛТЫН БЕСІК» БАЛАБАҚШАСЫ балапандарды қарсы алды

Дүниеге шыр етіп келген нәрестенің толыққанды өмір сүруі, болашақта саналы да салиқалы, білімді де білікті маман болуына жауапты мемлекет пен ата-ана. Сол үшін Елбасының өзі жеке және орта бизнесті дамытуға бірнеше тапсырма беріп, өз кәсібінің тасын өрге домалатқан ел жанашырларына балабақша, мектеп салуды тапсырған. Жетісу өңірі берілген тапсырманы жоғары деңгейде атқарып келеді. Оған алтыншы ықшам ауданында мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде бой көтеріп, қаладағы 320 бүлдіршін үшін есігін айқара ашқан «Алтын бесік» балабақшасы дәлел. Қуанышты сәтті көпшілікпен бөлісуге облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ арнайы келді.



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Осыдан біраз жыл бұрын дәл осы балабақша ашылған жер мидай жазық дала еді. Ал қазір айналаға көз салсаңыз мүлде басқа аймаққа айналған. Аз ғана уақыттың ішінде орын алған өзгерістерге қарап көңіліңіз көтерілетіні анық. Мұның барлығы Елбасының өңір, қала басшыларының ерен еңбегінің нәтижесі. Қуанышты күні қаладағы қаншама бүлдіршіннің риясыз күлкісіне куә болдық. Ата-аналар тәй-тәй басқан балдай тәтті бөбектерін жетектеп, баланың былдыры мен ойыншықтың сылдырына толы заманауи ғимаратқа ағылып келіп жатты. Барлығы қуанышты. Әсіресе, куыршақтай киінген бөбектер риза.

Жалпы аумағы 2 мың 500 шаршы метрді құрайтын бүлдіршіндер мекенінің қазығы 2015 жылдың тамыз айында қағылған. Араға бір жыл салғанда озық үлгіде салынған балабақша бой көтерді. Бүгінің өзінде 208 баланы қабылдап үлгерген мекемеде он алты топ ашылған. Оның он бір тобы қазақша болса, қалғаны орыс тілінде жүргізіледі. Жаңа ашылған балабақшаның нәтижесінде жүзге жуық адам толықтай жұмыспен қамтылмақ. Бұл облыстағы жұмыссыздық деңгейінің көрсеткішін де біршама азайтатыны анық. Қуанышты сәтті тамашалаған облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы көпшілікті жайдарман жаңалықпен құттықтады.

– *Таяу арада Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Жетісу жеріне іссапармен келді. Алақандай қаланың күн санап құлпырған аймаққа айналғанына ризашылығын білдірді. Елбасы бізге үнемі балабақша санын көбейтуді қатаң тапсырады. Біздің облыс республика бойынша балаларды балабақшамен қамтуда ең төменгі көрсеткішті көрсеткен. Соңғы екі жылда біз біршама жоғарыладық. Мәселен, 2015 жылдың өзінде облыста 99 балабақша ашылды. Оның оны ғана мемлекеттен бөлінген қаржыға бой көтерді. Қалғаны жеке кәсіпкерлер есебінен тұрғызылды. Биыл барлығы 84 мекеме кішкентай бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Оның 78 мекемесі мемлекеттік-жекеменшік серіктестік нәтижесінде жетісулықтардың игілігіне берілді. Жыл соңына дейін балаларды балабақшамен қамту деңгейіміз 87-89 пайызға жетеді. Жаңа балабақшаның нәтижесінде жаңа жұмыс көздері де ашылып жатыр. Бұл дегеніміз үлкен көрсеткіш, зор мақтаныш. Осындай игі істеріміз бен қуанышты сәттеріміз көп болсын. Барлықтарыңыз балаларыңыздың тәтті қылығына тоймай, аман-есен жүре беріңіздер. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!* – деді өңір басшысы. Сонымен бірге, жыл сайын халық санының артып келе жатқанын ерекше мақтанышпен айтқан облыс басшысы, жақын арада театр және неке сарайының құрылысы басталатын күннің алыс емес екенін көпшілікке қуана жеткізді.

Елбасының халыққа арнаған Жолдауына өзіндік үлесін қосқан, «Алтын бесік» балабақшасының иесі Қанат Жұлынов болашақтың кілті бүгінгі бүлдіршіннің қолында екенін тілге тиек етіп, жиналған көпшілікке алғысын білдірді. Заманауи талапқа сай салынған бүлдіршіндер мекенінің ерекшелігіне тоқталды. Кәсіпкердің айтуынша, балаларын балабақшаға жіберген ата-ана жұмыста я болмаса үйінде отырып-ақ «онлайн режим» арқылы баласының балабақшада не істеп жүргенін көре алады. Міне, заманға сай бой көтерген балалар мекенінің ерекшелігі осында. Қанат Сейдіғалиұлы облыс, қала басшыларына үлкен алғысын айтып, болашақта бұл істі ары қарай жалғастыратынына сөз берді. Жердегі перштелердің риясыз күлкілері мен таптаза ниеттері, пәк пейілдері ұштасатын, жамандық атаулының біріне де орын жоқ бұл мекеннің лентасын облыс басшысы мен кәсіпкердің әкесі Сейдіғали ақсақал қиды. Балабақшаға қабылданған балалардың өнерін тамашалаған өңір басшысы оларға сый-сияпат ұсынып, ақсақалдар бастаған топ балабақша ішін аралады.

Ақ жаулықты аналар шашу шашып, өңіріміздің өнерпаздары әуелетіп ән салып, мың бұрала би биледі.

ЛЕБІЗДЕР ЛЕГІ

Шолпан ЖЕКСЕМБАЕВА, көп балалы ана:

– Күн санап еліміздің өркендеп, өсіп келе жатқанына қуанамыз. Кешегі ауыр күндер артта қалды. Енді ондай қиыншылық еліміздің басына тумасын. Елдегі тыныштық, ауызбіршілік, татулық дегеніміздің барлығын арнасынан асырмай ниетімізге, пейілімізге берген Аллаға сансыз шүкір. Бүгінгі таңда мынадай кең сарайды көптеген бүлдіршінге арнап салып берген Қанат менің көз алдымда өскен бала еді. Міне, енді елін ойлайтын қамқор азамат болды. Ел үшін аянбай тер төккен барлық азаматқа аналық ақ тілегімді арнаймын.

Әйгерім ДОСМҰХАНОВА, тәрбиеші:

– «Адамның бір қызығы бала деген». Дана Абай атамыздың осы бірауыз сөзінің астарында қаншама мән мен мағына жатыр. Расымен де біздің көз қуанышымыз осы балалар. Менің жұмысым кішкентай топтағы балалармен жұмыс істеу. Оларға тақпақ, өлең үйретемін. Бүлдіршіндермен жұмыс істегенде мүлде басқа әлемде жүргендей сезінемін. Себебі оларда барлығы шынайы. Тіпті, жай ғана жымиғандарының өзінде үлкен тазалық жатыр. Бізді жұмыспен қамтыған облыс басшысына және Қанат Жұлынов ағамызға үлкен алғысымды айтамын.

Жазира БЕЙСЕМБАЕВА, ата-ана:

– Тұңғыш ұлымды бірінші рет балабақшаға алып келдім. Ғимаратты аралап көрдік. Барлығы жақсы. Әр жасқа арналған жеке топтар бар. Тәрбиешілері де сондай мәдениетті. Төрт уақыт тамағын ішеді, ұйықтайды, түрлі үйірмеге қатысады. Бірінші күннен-ақ балам өзіне достар тауып алды. Балаларымыздың болашағына бар жағдайды жасап берген Елбасына, облыс, қала әкімдеріне ата-аналар атынан ризашылығымды білдіремін.

БАРЫС-КЕЛІС БАСТАУЫ



ШЫҒЫС пен ЖЕТІСУ жүздесті

Жылдан-жылға гүлденіп келе жатқан Талдықорған қаласының көркі көз тоярлық. Әсем ғимараттар мен жаңа нысандар бой көтеріп, жас шаһардың ажарын айшықтап тұр. Көркею үстіндегі келбетті қаланың тыныс-тіршілігімен танысып, өзара ынтымақтастықты орнату және тәжірибе алмасу мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал АХМЕТОВ өңірімізге арнайы ат басын бұрды.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Шырайлы шығыстың басшысы бастап келген делегация әуелі «Жастар» спорт сарайына бас сұқты. Ондағы жаттығу залдары және сыртқы алаңдармен танысып, құрылыс нысанының сапасына назар аударды. Бір мезгілде 2 мыңнан астам адамды қабылдай алатын, сәулеті мен көлемі жағынан республикамызда бірегей нысан болып саналатын спорт сарайы 2010 жылдың тамыз айында ашылған. Жалпы көлемі 22757,3 шаршы метрді құрайтын аталмыш кешенде қазақша күрес, самбо, дзюдо, тэквондо, еркін күрес, ауыр атлетика, бокс, теннис және басқа да спорттық залдар жұмыс істеуде.

Әр залмен жеке-жеке танысқан Шығыс Қазақстан облысының әкімі кешеннің келбеті мен сапасының жақсы екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, аталмыш құрылыс нысанының жоба авторы Есім Мамановқа деген ризашылығын білдірді. Ал облыс әкімі Амандық Баталовқа бұл спорт кешенін өзі басқарып отырған өлкеге де салатынын жеткізіп, жобасын беруін өтінді.

Сондай-ақ, биыл ғана пайдалануға берілген Оқушылар сарайына ені, ондағы биология, физика, кеме моделі үйірме кабинеттерін аралады. Жұлдызды залға бас сұғып, ғаламшарлардың тылсым көрінісіне көз тікті. Оқушылар сарайының директоры Ләззат Есболованың жетекшілігімен адам қызығарлық заманауи, ғылыми істәжірибелік техникалармен танысты. Атап айтсақ, плазмалық шар, айқай өлшегіш, қара ойық сынды құрылғылар аталмыш сарайда орналасқан. Сонымен қатар, Даниал Кенжетайұлының тамыр соғу ырғағын тексерген «Жүрек соғу» аппараты мен өзге де техникалар, үлкен концерттік залдағы бүлдіршіндердің өнері қонақтарды таңдандырды.

Сондай-ақ, Жастарға қызмет көрсету орталығына ат басын бұрған басшыларға, аталмыш мекеменің құрылыс нысаны мен сапасы, ондағы жас көшбасшылардың атқарып жатқан жұмыстары жөнінде облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев кеңінен баян етті. Ондағы интернет кітапхана, антикафе сынды залдарды аралап, заман талабына сай нысанның ішкі сыртқы келбетіне айрықша риза екенін жеткізді. Сонымен қатар, Жастар мәдени-демалыс саябағын аралап, кіреберісіндегі қыз бен жігіттің ескерткіші, Көк туымыз ілінген 92 метрлік бағана, әуенді субұрқақ сынды нысандарды, сонымен қатар Қала күні қарсаңында ашылатын Мұқағали Мақатаевтың ескерткішін тамашалады. Одан кейін, Қаратал өзенінің жағалауында салынған демалыс саябағын аралап, шаһар келбетін айшықтап тұрған барша нысанға деген таңданысын жеткізді.

– Мен он жылдан астам уақыт аралығында бұл қалада болған жоқпын. Осы аралықта Талдықорған қаласы айтарлықтай ажарлана түскен. Байқағанымдай үй мәселесі оңтайлы шешіліп, мәдени нысандар көптеп бой көтерген. Үйренетін нәрселеріміз бар болғандықтан, арнайы ертіп келген архитекторлар мен көмекшілеріме бірсыпыра тапсырма бердім, – деген Шығыс Қазақстан облысының әкімі талдықорғандықтарды қала күнімен құттықтап өтті.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 110 (18242)
Сейсенбі, 4 қазан, 2016 жыл.

ҚАЛА КҮНІ

ТАУ ПЕРЗЕНТІ тас тұғырда



Мәдениетіміздің өркендеп, экономикамыздың дамып келе жатқанын көрсететін игі шаралар көптеп ұйымдастырылуда. Бағзыдан жалғасын тапқан салт-дәстүріміз бен этнос өкілдерінің ұстанымын танытатын, жастарды отансүйгіштікке, бауырмалдыққа тәрбиелейтін, күллі құндылықтарымызды бағалап, жетістіктерді паш ететін мереке өз жалғасын тапты. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан Талдықорған қаласының күні тойланды.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткен мереке «Жастар» спорт сарайының маңынан бастау алды. Облыс басшысы бастаған халық қалаулылары алдымен қаладағы Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы, Талдықорған политехникалық колледжі сынды бірқатар оқу орындарының стендтері мен мамандықтар бойынша тігілген көрме жұмыстарын тамашалады. Сондай-ақ, аталмыш мерекеге орай ұйымдастырылған «Анам және мен – 2016» байқауын тамашалап, бүлдіршіндердің өнеріне ризашылығын білдірді.

«Жастар» спорт кешенінің маңындағы Талдықорған көпсалалы ауруханасы мен қаладағы өнеркәсіп орындарының тыныс-тіршілігі мен жетістіктерін көрсететін көрмені аралаған қонақтар, одан арғы ғасырдағылардың туысымын», – деп кеткен әкемнің ескерткіші Жетісудың жүрегіне айналған шаһарда да ашылуда. Бұл айтып жеткізе алмас қуаныш, үлкен мереке, – дей келе жыр құдіретін ұғынған елге деген ризашылығын жеткізіп, сонау бір жылдары әкеңіздің ескерткішін ашамын деп уәде берген Амандық Ғаббасұлына алғысын жаудырды.

Сонымен қатар, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы Поэзия кеңесінің төрағасы Әділғазы Қайырбеков сөз алып, ақынын ардақтаған елдің алар орны әманда төр екенін тілге тиек етіп, «Алтын қалам» атты балладасын оқыды. Өз кезегінде сөз салған белгілі ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы да мұзарт таудың мұзбалағына арнаған жырын тыңдарманның жүрегіне жеткізе білді. Ізгі тілектер мен жыр шашудан кейін Бақытгүл Мұқағали келіні бастаған зиялы қауым ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Жылдан-жылға гүлденіп келе жатқан әсем қаланың мәдениет күніне арналған мерекелік концерт те қазақтың арғы-бергі тарихын қозғаған ғажайып көрініспен басталды. Игі шарада облыс әкімі Амандық Баталов құттықтауын жеткізді.

– *Қадірменді талдықорғандықтар мен қонақтар! Сіздерді Қала күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Барша қала тұрғынына қуанышқа толы сәтті күндер, әр шаңыраққа бақ-береке, жастарға асыл арман, ізгі мақсат тілеймін. Өзінің әсем келбетімен алыстан көз тартатын шаһарымыздың күн сайын жаңарып, көз алдымызда одан әрі гүлденуі – бәріміз үшін зор қуаныш,* – дей келе облыс орталығының айшықты ажары мен болашағы жайын сөз етіп, атқарылып жатқан жақсы істер мен баянды бастамаларға тоқталып өтті. Сонымен қатар, Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өткен 15-ші жазғы Паралимпиада ойындарында пауэрлифтингтен күміс медаль иегері атанған Раушан Қойшыбаеваға жеңіл автокөліктің кілтін және 11 млн. 500 мың теңгенің сертификатын табыстады. Сондай-ақ аталмыш Паралимпиада ойынында жетінші орын иеленген Гүлбану Абдыхалыққоваға 1 млн. 500 мың теңгенің, ал қос паралимпиадашыны дайындаған пауэрлифтингтен Алматы облысының аға жаттықтырушысы Денис Орловқа 5 млн. 750 мың теңгенің сертификатын табыс етті.

Сонымен қатар, интернет желісімен дауыс беру арқылы өткен байқауда көп дауыс жинап «Ең үздік мұғалім» атанған Майгүл Ахметбаеваға және әр сала бойынша үздік шыққан Анар Белгібаеваға, Калаль Узбеканов, Дато Ерғалиев, Алик Абельдинов, Василий Рубан, Назгүл Рахымбек, Ерік Мұхамедияров және Вера Малютинаға 100 мың теңгенің сертификаты мен бағалы сыйлықтар табыстады.

Одан кейін Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев сөз алып, шаһар тұрғындарын аталмыш мерекемен құттықтады. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысының ардагері Тоқтарбай Қанапьянов, «Ерлік» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Роза Ақжаркенова мен облыстық жоғарғы спорттық шеберлігі мектебінің директоры, Бейжің Олимпиадасының қола жүлдегері Нұрбақыт Теңізбаевты «Талдықорған қаласының Құрметті азаматы» атағымен марапаттады.

Бұдан соң спортсүйер жастар мен өнерпаздар шеруі өтті. Сондай-ақ, қазақ эстрадасы жарық жұлдыздарының қатысуымен концерт болып, қала қонақтары мен талдықорғандықтар әсем әннің әуезінен елтіп, күй ырғағымен тербелді.

СЕЛЕКТОР

Дайындық жұмыстары пысықталды

Облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Әбдірайымовтың қатысуымен жылыту маусымына дайындық жұмыстары туралы селекторлық кеңес өтті. Онда облыстық энергетика, тұрғын-үй және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бағлан Танекенов, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдуәлиев, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Гүлсара Исағұлова атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларын баяндады. Сондай-ақ, қойылған сұрақтарға орай жауап беріп, орын алған кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстарын білдірді.

Қажет АНДАС

Олардың айтуынша, облыста жылыту маусымына дайындық өз деңгейінде жалғасуда. Осы мақсатта жергілікті бюджеттен 4 млрд. 600 миллион теңге және кәсіпорындардың өз қаржысынан 2 млрд. 300 миллион теңге бөлінген. Бүгінде электрмен жабдықтау, жылыту мен су желісін қамтамасыз ету, көріз жүйелерін жөндеу жұмыстары аяқталған. Облыс көлеміндегі 29 қазандықтың 28-і жылу беруге дайын. Ал биыл күрделі жөндеуден өтіп жатқан Талдықорған қаласы, Ақымбеков көшесіндегі жылу қазандығының жұмысы таяуда толық іске қосылмақ. Өткен жылдан бастап «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында жылумен жабдықтау бойынша облыста 6 жоба қолға алынып, соның төртеуі толық аяқталған. Десе де, Қапшағай қаласының Заречный кентіндегі жылу қазандығы құрылысының жоспардағы уақыттан кешігіп жатқаны мәлім болды. Бұл туралы Қапшағай қаласы әкімдігінің жауапты қызметкері жоспардың белгіленген мерзімде аяқталмауының себебін түсіндіріп, орын алған кемшілікті жылыту маусымы басталғанға дейін толығымен бітіретіндігіне сенім білдірді. Осыдан кейін Талдықорған қаласы, Ақылбеков көшесіндегі 4-ші жылу қазандығын қайта жаңғырту жұмысы сөз болды. Мамандардың айтуынша, бүгінде жылу қазандығы ғимаратын қайта жаңғырту 85, жылумен жабдықтау 90, электр желілерін тарту 80 пайызға орындалыпты. Қалғаны алдағы екі аптада толық аяқталмақ.

Облыста 13300 шақырым электр желісі, 54 шақырым сумен жабдықтау және су бөлу жабдықтары дайындалған. Бюджеттік сала нысандарын жылыту жұмысы да назардан тыс қалмаған. Бүгінде 1584 көппәтерлі тұрғын үй мен 2185 бюджеттік мекеме ғимараты жылыту маусымына дайын.

Бюджеттік мекемелерге сұйық отын сатып алуға жергілікті бюджеттен 2 млрд. 170 миллион теңге бөлінген. Жиын барысында аудандарға сұйық отын жеткізу мәселесінің әлі де толық шешілмей жатқаны белгілі болды. Осы тұста білім беру нысандарын пеллет отынымен жылытуға қатысты пікір айтылды. Айта кетелік, 2013 жылы білім беру нысандарын пеллет отынымен жылыту бойынша бастама көтеріліп, біраз оқу ғимаратына осы отын түрімен жылытатын пештер салынған. Алайда, бұл отынның қызуы дизель отыны мен бензинге қарағанда төмен. Осы ретте Алакөл ауданы сияқты қысы суық өңірге қолайсыздық тудыратыны анық. Сондықтан аталған аудан әкімі Әлібек Жақанбаев білім нысандарын жылытуға қажет сұйық отын қорының жеткілікті екенін айта келіп, пеллет отынын алу туралы байқауға қатыспайтынын білдірді.

Отырысты қорытындылаған Ғалымжан Райылұлы кейбір кемшіліктерді айтпағанда, облыстың жалпы жылыту маусымына дайын екендігін жеткізіп, тапсырмалар берді.

Алматы облыстық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 104-бабы 6-тармағына сәйкес Алматы облыстық сайлау комиссиясы №41 Жетіген сайлау округінен Алматы облыстық мәслихат депутаттығына келесі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Ғарифолла Ғалиақпарұлы Бақытжанов, 1960 жылы туған, ветеринария пунктінің меңгерушісі, Іле ауданы Екпінді ауылында тұрады.

Асхат Болатұлы Оспанов, 1987 жылы туған, «Алатау және КЛТД» ЖШС директоры, Іле ауданы КазЦИК селосында тұрады;

Ғалиасқар Төлендіұлы Сарыбаев, 1963 жылы туған, «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Талдықорған қаласында тұрады.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Т. ДАУТОВ.

АЛТЫН КҮЗ

САПАЛЫ ТАУАРҒА сұраныс мол

Қала күніне орай ұйымдастырылған ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесінде облыстың әр өңірінен келген кәсіпкерлер тұрғындарға өнімнің 46-дан астам түрін ұсынды. Жалпы, осы күні базарға 136 тоннаға жуық ауылшаруашылық өнімі шығарылды. Атап айтқанда, ет өнімдерінің 24,7, балық өнімдерінің 6,4, көкөністің 38,5, сүт және сүт өнімдерінің 4,0, жеміс-жидектің 4,8, картоптың 13,6, алманың және өзге тағамдардың 49,6 тоннасы сатып алушыларын тапты.

Жәрмеңке Қонаев көшесінің бойында өтті. Сол күнгі ауа райы да ерекше болып, халық көп жиналды. Таңсәріден басталған алғашқы күзгі жәрмеңкені облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров бастаған топ аралап, сөреге қойылған өнімдер мен оның бағаларын көріп шықты. Сатушылармен әңгімелесіп, биылғы жылдың өнім өндірушілер үшін тиімді болғанына тағы бір көз жеткізді. Сондай-ақ, Серікжан Ислямұлы аудан әкімдері мен сала мамандарына жергілікті өнімдердің сапасын арттырып, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды тапсырды. Расында, тұрғындардың өзімізде өсірілген сапасы жоғары, экологиялық жағынан таза, бағасы қолжетімді өнімдерге жиі қолы жете бермейтіні анық. Сондықтан, қалалықтар көбіне қысқа қажетті қорды осы жәрмеңкеден түгендеп алады.

Делдалсыз, бірінші қолдан сөреге қойылар азық-түлік тауарының бағасы да көңілге қонымды, сапасы да ойдағыдай. Бұл күні күздің балғын өнімдері базар бағасынан 10-15 пайызға арзан саудаланды. Айталық, жылқы еті 1300, сиыр еті 1100, қой еті 1000, тауық еті 550, балық 400-600 теңгеден болса, ал картоп-сәбіз 60 теңгеден сатылды. Міне, осындай сапалы өнімдерге қойылған тиімді бағамен қатар арнайы ұйымдастырылған концерттік бағдарлама да көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады. Бұл қатарда облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның өнерпаздары барын салды. Әсем әуен, күмбірлі күй, мың бұралған биді тамашалаған көпшілік өздері қалаған тауарын емін-еркін сатып алып, ризашылық танытты.

Сол күні Жетісу өңірінің аудан-қаласынан келгендер құны 69,5 млн. теңгенің азық-түлігін саудалады. Осы күні Алматы қаласы мен Қапшағай қаласында өткен жәрмеңке де жұрттың көңілінен шықты. Ендігі кезекте өнір еңбеккерлері өнімдерін өзге де аймақ жұртшылығына ұсынбақ.

Қ. ОМАРАҚЫН.

АЛҚА МӘЖІЛІСІ

ДІН мен МӘДЕНИЕТКЕ көңіл аударылды

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовтың төрағалығымен алқа мәжілісі өтті. Оған облыстық деңгейдегі басқармалар мен департамент басшылары, аудан, қала әкімдері, «Нұр Отан» партиясы филиалының, кәсіподақ ұйымдарының және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Күн тәртібінде облыстық дін істері басқармасының Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» № 483- IV Заңын орындау және мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының 2015–2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын іске асыру мәселесі қаралды. Жиынды Лаззат Махатұлы ашып, келесі сөзді облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаевқа ұсынды. Бақтияр Әлтайұлының айтуынша, өңірде дін саласы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар аз емес көрінеді. Бүгінгі таңда облыста бес жүзден аса діни бірлестіктер мен олардың филиалдары тіркелген. Сондай-ақ, 423 мешіт, 48 православ, 10 Рим-католик, 93 протестант шіркеуі және 2 дәстүрлі емес діни бірлестіктер бар.

Қазіргі кезде аталған мешіттерде бес жүзге жуық имам қызмет атқарады. Олардың тек он тоғыз пайызы ғана жоғары білімді болса, он бес пайызы медресе түлектері, елу екі пайызы арнайы курс бітіргендер, қалғаны орта білімді. Облыс аумағында діни қызметкерлерге қаржылық көмек көрсету мақсатында қолдау қорлары құрылған. Аудан-қала имамдарының жалақысы осы қор есебінде. Халықтың рухани білімін тереңдету мен діни сауаттылығын арттыру мақсатында діни білім беру ұйымдары қызмет етуде. Бүгінде Қарасай ауданындағы Үшқоңыр медресесінде жетпістен аса тәлімгер діни білімін жетілдіріп жатқан көрінеді. Исламның дәстүрлі емес «Таблиғи жамағат», «Салафизм», «Хизбут тахрир» деструктивті діни ағымдарын ұстанушы азаматтармен жеке тәжірибелік түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

Сондай-ақ, облыста тұңғыш рет Діни жетекшілер клубы құрылыпты. Жыл басынан ведомствоаралық жоспарға сәйкес облыстық қылмыстық атқару жүйесінің мекемелерінде Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы мен православ шіркеуі өкілдерінің қатысуымен жүзден аса іс-шара ұйымдастырылған. Десек те, бұл салада әлі де шешімін табуға тиіс мәселелер бар. Мысалы, білікті діни қызметкерлер, имамдар, дінтанушылар, теологтар мен сарапшылар тапшы және олардың біліктілік деңгейлері төмен. Облыс бойынша қызмет атқаратын 479 имамның тек 7-уі ғана орыс тілінде уағыз-насихат жүргізеді.

Бүгінде осы мәселенің шешімін табу жолдарын қарастыруға ұсыныс беріліпті. Діни сауаттылығының төмендігіне байланысты Алматы өңірінің 6 имамы аттестаттаудан өте алмаған. Сондай-ақ, облыста 11 мешітте имам тағайындалмаған. Аталған саладағы басқа да мәселелерді талдап өткен Бақтияр Әлтайұлы мәдениет саласына да шолу жасап, осы бағыт бойынша тындырылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Онда мәлім болғандай, бүгінде өңірде 544 мекеме жұмыс істейді, соның ішінде 246 Мәдениет үйлері мен клубтар, 268 кітапхана, 21 музей, 2 сурет галереясы, Б. Римова атындағы драма театры, Сүйінбай атындағы облыстық филармониясы, «Алатау әуендері» МКҚМ, халық шығармашылығы және тарихи мұраны қорғау орталықтары, 2 бейнемобиль бар.

Мәдени мекемелерде екі мыңнан аса адам жұмыс істейді. Олардың басым бөлігін жоғары білімі бар мамандар десек, қалғаны орта білімділер. Соңғы екі жыл ішінде мәдениет мекемелеріне қосымша штат бірлігі бөлініп, материалдық-техникалық базаны нығайтуға қаражат көзі қарастырылған. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында бірқатар іс-шаралар өткізіліп, мәдениет саласына мемлекеттік-жекеше серіктестікті енгізу жұмыстары басталыпты. Сонымен бірге Қарасай ауданында «Анаға құрмет» музейі ашылған. Жас мамандарды тарту жұмысы да жүйелі түрде жүргізіліп жатыр.

Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары бірқатар кемшіліктерді де тізбектеді. Атап өтейік, кейбір аудан, қалаларда мәдениет мекемелерін қаржыландыруға өте аз көлемде бюджет қарастырылған. Тұрғындарының саны мыңнан асатын 25 елді мекенде клуб, Іле ауданының орталығы Өтеген батыр кентінде аудандық Мәдениет үйі жоқ. Кейбір өңірлердегі Мәдениет үйлері күрделі жөндеуді қажет етсе, бірқатар ауылдық клуб мекемелері апаттық жағдайда тұр. Білікті мамандардың жетіспеушілігі де байқалған. Тіпті, кейбір аудан әкімдері мәдениет мекемелерінің басшыларын облыстық басқарманың келісімінсіз тағайындаған. Клубтардың да жұмысы өз деңгейінде қадағаланбайтын көрінеді.

Аталған тақырып аясында бірқатар жетістік пен кемшілікті сөз еткен Бақтияр Әлтайұлы алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жандандырып, күш жұмсалатынын жеткізді. Күн тәртібінде қаралған мәселелерге байланысты салаға жауапты бірқатар басқарма басшылары мен аудан әкімдері мінберге көтеріліп, тақырыпты талқылады. Осыған байланысты Лаззат Махатұлы өз ойын ортаға салып, сала қызметкерлеріне нақты тапсырмалар жүктеді.

Баспасөз – 2017

Жетісу Жетісу Жетісу Жетісу

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

Ілияс Жансүгіров пен Сәкен Сейфуллиндей, Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезовтей Алаш арыстарының қолтаңбасы қалған «Жетісу» газетіне жазылу басталды. Аптасына үш мәрте ақжолтай ақпарат арқалап, әр шаңырақтың табалдырығын аттайтын абыз басылымның халықпен бірге келе жатқанына 99 жылға аяқ басты. Газет тәуелсіз елдің ертеңі үшін тер төгіп, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды терең зерттейді. Ендеше, 2017 жылды тағы да жаныңызға жақын «ЖЕТІСУМЕН» БІРГЕ ӨТКЕРІҢІЗ, ОЙЛЫ ОҚЫРМАН!

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға		12 айға	
			қала	ауыл	қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08	8652,96	9272,16
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36	5699,52	6318,72
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76	5944,32	6563,52
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60	6192,00	6811,20

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, балама жазылып, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, онда:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3250	6500
2.	Зейнеткерлер үшін	1800	3600
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1900	3800
4.	Жалпы жеке жазылу	2100	4200

«Жетісу» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3000	6000
2.	Зейнеткерлер үшін	1500	3000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1600	3200
4.	Жалпы жеке жазылу	1700	3400

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕЕВ.

КҮЙ ТЕРБЕГЕН Күреңбел

Әр тасына кие қонған қасиетті Күреңбел мекені бүгін тағы бір тірленді. Бауырына талай мықтыны басып, қыран құстай баптап, томағасын сыпырып өнер көкжиегіне қанаттандырған Кербұлақ ауданының Мәдениет күні ерекше аталып өтті. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына, Ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы аясында ұйымдастырылған Мәдениет күні мерекесі аудандық әкімдіктен бастау алды.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Әкімдіктің мәжіліс залына жиналған жұрттың қарасы көп. Алдыңғы қатарды ақ батасымен ел мерейін асыратын абыз ақсақалдар алса, одан кейінгі орынға ақ жаулықты әжелер жайғасқан. Көптің ішінде ұлттық киімдерін киген әр ұлт өкілдері мен қоса аудан активтері де жиынның шырайын кіргізгендей. Күреңбел мерекесіне орталықтан облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ақан Әбдуалиев арнайы келді. Залға жиылған жұртқа қадірменді қонақты аудан әкімі Бағдат Әлиев таныстырды. Әрине, басшылығын былай қойғанда кешегі Жамбыл мен Сүйінбайдың, Үмбетәлі аталарымыздың асыл қазынасын бүгінгі жас ұрпаққа таратуда өзіндік қолтаңбасы бар, ақын, жыршы, өнертанушы азамат Ақан Әбдуалиевті аудан жұрты ыстық ықыласпен қарсы алды. Жиынның басын аудан әкімі бастап, аудандағы жеткен жетістіктер мен мәдениет саласына кеңінен тоқталды. Кербұлақ ауданы өткен жылы бас жүлдені қанжығасына байлаған өнер ордасы. Оған дейін де бірінші, екінші орындарды да еншісіне жазған. Міне, осы жаңалықтарды айта келе біздің ауданға мәдениет басқармасы басшысының өзінің келуі жақсылықтың нышаны, ырымға балап отырмыз деп бір түйіндеп тастады. Мұнан кейінгі сөзді қадірменді қонаққа ұсынды. Әдеттегідей емес, бүгінгі жиын нағыз мерекеге лайықты өткендей. Нағыз өнердің тойына ұласты. Жайма-шуақ жайлауда отырған ағайындай еркін көсіліп, өнердің түрлі сауалдары қойылып, сөз басталмас бұрын залдағы ақсақалдардан ұсыныс та түсіп үлгерді. Ауылымызға ақын келді дегенде арқамыз қозбай, аңсарымыз ауып, Ақан баламыздың әдемі әнін естісек деген ниетіміз бар. Мәдениеттің тойында әннен шашу шашса деген тілектің де шетін шығарды. Расында, әлімсақтан ақсақалды аталардың сөзі жерде қалған ба, той десе арғымақтай тыпыршып тұра алмайтын Ақан жыршы да үлкендердің сөзін екі етпеді. Ортаға домбыра келгенше облыс әкімі Амандық Баталовтың құттықтауын жеткізіп, аудан халқын бүгінгі мерекесімен құттықтады.

– Жуырда Елордада өткен Алматы облысының мәдениет күндерінде ақын-жазушылар бас қосқан болатын. Сол кездесуде бір ғана ақын өлең оқыды. Сол ақынның өлеңі «Киелі Күреңбел» деп аталды. Өлеңге арқау болған киелі мекен Кербұлақ ауданы ежелден өнер майталмандарын дүниеге әкелген аймақ. Ақыны мен әншісін, актері мен жазушының кіндік қаны тамған жерге аяқ басқанына мен де қуаныштымын, – деп бір марқайды. Мұнан соң облыстағы мәдениет саласы бойынша істеліп жатқан жұмыстарға тоқталып, сөзінің соңын әнмен жалғады. Қолына домбырасын алып, Жамбылдың «Ақындарға арнауын» нақышына келтіре орындады. Әннен қуат алған аталар алғысын білдіріп, батасын берді. Жиыннан кейін орталықтағы дайындалған концерттік шарамен жалғасты.

Өнер ошақтарының ән-жыры басталмас бұрын аудан әкімі мен басқарма басшысы алаңға қойылған мәдени орталықтардың көрмесімен танысып өтті. Ауданның тарихы мен этномәдени орталықтары көрмесімен, ағаштан түйін түйген□ нөбір хас шеберлер қолынан шыққан□ қайталанбас туындыларын көпшілік назарына ұсынды. Түрлі ұлт өкілдері салт-дәстүр мен мәдениетін паш етті. Одан кейін ауыл мәдениеті мен өнерінің дамуына, өнерпаздары мен өнер ұжымдарының танылуына жол ашқан игі шара орталықта жалғасты.

Қатпарлана қатталған тарихын қопарған сайын құндылығы арта беретін, қарасаң көз тартар таулары, асау толқын өзендері, арыстай азаматтары, барыстай жастары, теңдессіз дарындары мен асқақтаған әнжыры бар киелі мекеннің мерекесі Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғауымен» шымылдығы түрілді. Әбікен Сарыбаев атындағы аудандық Мәдениет үйінің халықтық ұлт-аспаптар оркестрінің ұжымы көрермендерді бір баурап алды. Көмейіне бұлбұл ұялаған жезтаңдай әнші Сәуле Қожаханованың орындауындағы Латиф Хамидидің «Қазақ вальсі» шырқалғанда Ұлы Дала тербелгендей күй кешіп, бүтін Күреңбел мекені ән салғандай көрінді. Әсем әуеннің ырғағына мың бұралып ортаға шыққан «Арми Стар» бишілер тобы жайқалған көк майса шөпті көз алдыңа әкелгендей. Халық әндерінен шашу шашқан Жігер Еркінбек, Алмас Жексенбаев, Азамат Үмбетов дәстүрлі әннің шыңырау шегіне жетіп, кешегі жыршылардың ұрпағы екенін көрсете білді. Күреңбел даналар мен даралардың табаны тиген аймақ деп бізге дейін де айтылған. Олай болса, сол даралардың ішінде дарабоз ана атанған Зылиха Тамшыбаева мен талай топта суырыпсалып өлең өрнегін арнаған айтыскер ақын Әбікен Сарыбаевты қосуға болады. Міне, осындай ел сыйлаған арыстарымыздың өмірінен қысқаша театрландырылған қойылым да көрсетілді. Әр ұлттың мәдениетін паш ететін билері мен ауылдық округтерден келген мәдениет ошақтарының өнерпаздары да өнерін ортаға салды. Қоғалы, Қарашоқы ауылдық Мәдениет үйінің хор ұжымы «Туған ел», «Қазақстан елім менің» әнін орындаса, мерекелік игі шараның соңын аудан әкімі Бағдат Әлиев пен ақын Дүйсен Аңсабаевтің сөзіне жазылған жергілікті сазгер Жанғазы Жексенбаевтің «Күреңбелім менің» әнін аудандық Мәдениет үйінің әншілері және хор ұжымы шырқап, мәдениет күнінің шымылдығын жапты.

КӨШБАСШЫ – 2016

Алматы облысы әкімінің «Көшбасшы – 2016» жастар сыйлығына байқау жарияланды

СЫЙЛЫҚҚА ҮМІТКЕРЛЕР РЕТІНДЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ 14 ПЕН 29 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРЫ ҚАТЫСА АЛАДЫ. Номинация жеңімпазы атану үшін үміткерлер белгілі бір бағытта жетістіктерге жету керек. Сонымен қатар, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулар жеңімпаздары, қоғамдық өмірге белсенді қатысып, елдің алғысын алған жастар өтінімдерін өткізулеріне болады. Жалпы алғанда, сыйлыққа ұсынылу үшін жас белсенді, білімді, креативті ойлайтын, Қазақстанның жарқын болашағы жолында аянып қалмайтын нағыз көшбасшы жас болуы керек.

Жастар сыйлығы келесі номинациялар бойынша анықталады:

1. «Жас мемлекеттік қызметкер»
2. «Жас әскери қызметкер»
3. «Жас дәрігер»
4. «Жас ұстаз»
5. «Жас ғалым»
6. «Жас спортшы»
7. «Жас журналист»
8. «Жас кәсіпкер»
9. «Жас батыр»
10. «Ауылшаруашылығының жас маманы»
11. «Жас маман»
12. «Жас өнерпаз»
13. «Жасыл ел» жасағының үздік сарбазы»
14. «Жас саясаткер»
15. «Үздік студент»
16. «Үздік ерікті»
17. «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының үздік көшбасшысы»

Өтінім үлгісі:

1	Үміткердің аты-жөні	
2	Номинация	
3	Туған күні, айы, жылы; Жеке куәлік нөмірі	
4	Жетістіктер (дипломдар, алғыс хаттар, марапаттаулар атаулары мен жылы көрсетілу керек)	

Өтінімдер мен керекті құжаттар 040000, Талдықорған қаласы, Д. Қонаев көшесі, 47, Жастарға қызмет көрсету орталығы ғимараты, 204, 211-кабинет мекенжайына **2016 жылдың 15 қазанына** дейін жіберілуі тиіс. Байланыс телефондары: **8 /7282/ 41 10 08, 40 10 39.**

Қосымша ақпаратты *(Байқау ережесі)* әлеуметтік желілердегі «Жетісу жастары», «Жастарға қызмет көрсету орталығы» парақшаларынан алуға болады.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Текелі қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Коммуналдық меншік объектілерін сату бойынша www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында аукцион өткізетіндігін хабарлайды.

Коммуналдық меншік объектілерін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукционның өткізілу күні мен уақыты: **2016 жылдың 21 қазанында сағат 10.00-ден сағат 17.00-ге** дейін.

«Текелі қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Алматы облысы, Текелі қаласы, Абылай хан көш., 34, 21-кабинет)

Сауда-саттықтың бағасын көтеру әдісімен аукционға қойылады:

1. «Kia Cerato» автокөлігі, шыққан жылы 2006 ж., мемлекеттік номері В568DE, теңгерім ұстаушы – «Текелі қаласының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі. Бастапқы бағасы – 1□182 000 теңге, **кепілдік жарна – 177 300 тг.**

2. «Toyota Avensis» автокөлігі, шыққан жылы 2007 ж., мемлекеттік номері В855BZ, теңгерім ұстаушы – «Текелі қаласының әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі. Бастапқы бағасы – 1 249 000 теңге, **кепілдік жарна – 187350 тг.**

3. «ВАЗ-21070» автокөлігі, шыққан жылы 2007 ж., мемлекеттік номері В869DH, теңгерім ұстаушы – «Текелі қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Бастапқы бағасы – 204 000 теңге, **кепілдік жарна – 30 600 тг.**

4. «Suzuki Liana» автокөлігі, шыққан жылы 2006 ж., мемлекеттік номері В229DA, теңгерім ұстаушы – «Текелі қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Бастапқы бағасы – 1 079 000 теңге, **кепілдік жарна – 161 850 тг.**

Анықтама үшін телефондар: **8 (72835)4-21-50, 4-44-75.**

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың шотына төленеді: кепілдік жарнаны алушы – «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ; банк атауы – «Казкоммерцбанк» АҚ; ЖСК KZ52-9261501102032004; БСК: KZKOKZKX; БСН: 050540004455; КНП-171, Кбе-16.

Назар аударыңыз! Қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталында өтінімді қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Аукционға қатысу үшін мыналарды:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есепайрысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркеу үшін объект бойынша қатысушының ЭЦҚ қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат етіледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Аукционды өткізу кезінде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасына тең болады.

Бағаны көтеру аукционы:

1) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі қағидаға сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады;

2) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірі осы Қағиданың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растайтын болса, онда бастапқы баға белгіленген қадамға артады;

3) егер ағымдағы баға артқаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі жекешелендіру объектісінің ағымдағы құнын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы қатысушылардың бірі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

Жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы бағаны арттырудың кемінде екі қадамына өскен жағдайда ғана жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы өткізілген болып танылады, бұл ретте бастапқы бағаны екі қадамға көтеруді кемінде екі қатысушы жүзеге асырады.

Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттерін белгілейтін құжат болып табылады. Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына аукцион өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Аукционның жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстырып тексеру үшін мынадай құжаттарды:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың;

заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілі паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырып тексерілгенен кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.



АҚИҚАТТЫ ҰСТАНУ – басты мұрат

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарқынды дамуы, халық санының жылдам өсуі ең алдымен қоғамдағы өркенді істерге, тиімді жобалар мен мақсатты бағдарламаларға, ел заңнамасының үстемдігіне, әділеттіліктің салтанат құруына тікелей байланысты. Осыған орай Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бірден-бір тиімді құжат екендігі белгілі болып отыр. Мұның ақиқаттығын бағдарламамен танысқан жанның бәрі растайды. Өзіміздің саламыз болғандықтан Ұлт жоспарының екінші тармағында айтылған Заңның үстемдігін қамтамасыз ету мәселесіне тоқталайын.

Шыны керек, мемлекет тарапынан азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін бес сатылы сот инстанциясын үш сатылы жүйеге ауыстыру шаралары жүзеге асырылып, бірінші, апелляциялық, кассациялық сот өз жұмысын бастап кеткендігі белгілі. Бұл шағымданушылар үшін тиімді. Өйткені, бұрын қадағалау және қайта қадағалау сатысына шақырту азаматтардың алтын уақыты мен қаржысын шығындайтын. Бүгін осы мәселе де оңды шешімін тапты деп есептейміз.

Судья лауазымы – қоғамдағы ең абыройлы, ең қастерлі мамандық. Оны судьялық қызметке ұмтылушылар санының жыл санап артуынан байқаймыз. Солай болуы да тиіс. Дегенмен, Елбасы ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 17-қадамында көтерілген мәселе өзектілігімен сүйсіндіреді. Онда судья лауазымына үміткердің сот істерін жүргізуге 5 жыл қатысуы басты талап болып отыр. Сонымен қатар, кәсібилігі мен іскерлігіне қойылар шарт арнайы тест жүйесінен өту. Бұл сот қызметкерлерінің өзін-өзі ұстау мәнерін жетілдіре түсері анық. Осыған орай алда Астанада өтетін судьялардың VII съезінде қабылдануы тиіс жаңа Этикалық кодексті айта кеткен жөн деп білемін. Бұл Ұлт жоспарының 19-қадамында айтылған судьялардың есеп беру тәртібін күшейту мәселесінің заңды жалғасы. Расында, елдің алдында, көпшіліктің назарында жүретін судьялар мен сот қызметкерлері үшін жаңа Этикалық кодекс үлкен серпіліс әкеледі деп ойлаймын. Себебі, қызметкердің сыртқы келбетінен бөлек әдеттілік, әділдік, шыншылдық, турашылдық қабілет-қарымын талап ету сот жүйесінің жұмысын жетілдіре түсетіндігі анық. Биыл кезектен тыс өткізілгелі отырған судьялардың VII съезінде қабылдануы жоспарланған жаңа Этикалық кодекстің осындай артықшылықтары бар. Бұл судьялардың әрекетіне сенімсіздік білдірген азаматтардың Жоғарғы Сот жанынан құрылған арнайы Сот алқасына шағымдануы үшін ойластырылған қадам. Яғни, сот жүйесінің ашықтығын, баршаға қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Тағы бір айта кететін мәселе, барлық сот процестерін бейне және аудио таспаға жазу шаралары бүгінгі күні қолға алынып, жүзеге асырылып отырғаны. Шынында тиімділігімен ерекшеленетін, ең бастысы сот отырысын жүргізіп отырған судья мен қатысушы тараптарды алаңдатпау мақсатында жүргізілген бұл шаралар аса қажетті қадам дер едім. Өйткені, сот отырысы бастан-аяқ толық қамтылатын бейне-аудио жазба сенімсіздік танытушыларға дәлел ретінде және бұқаралық ақпарат құралдарының пайдалануына ұсынылады. Мерзімді баспасөз бен электронды ақпарат құралдары үшін тиімділігімен ерекшеленетін қадам Ұлт жоспарында 20-шы орын алып тұр.

Міне, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қарапайым халықтың мүддесі үшін ойластырған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының өзектілігін осылай әңгімелеуге болады. Енді оның толықтай жүзеге асып, тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету шаралары судьялардың кезектен тыс VII съезінде пысықталады деп ойлаймын.

Ермек ЕГЕУБЕКОВ,
Үйғыр аудандық сотының төрағасы.

МАМАН МІНБЕРІ

Құқықтық мониторинг жүргізу тәртібі

Ел Үкіметінің биылғы 29 тамыздағы № 486 қаулысымен Құқықтық мониторинг жүргізу қағидалары бекітілді. Қазақстан Республикасы «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген бұл қағидалар мемлекеттік органдар қабылдаған және әзірлеушілері өздері болған немесе өздерінің құзыретіне жататын нормативтік-құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізудің тәртібін айқындайды.

Нормативтік-құқықтық актілердің құқықтық мониторингі еліміздің заңнамасына қайшы келетін, ескірген, сыбайластықты, парақорлықты тудыратын және тиімсіз іске асырылатын құқық нормаларын анықтау, сондай-ақ, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу арқылы заңнама тиімділігін бағалау мен болжау мақсатында жүргізіледі. Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын нормативтік-құқықтық актілер, сондай-ақ «Қызметтік пайдалану үшін», «Баспасөзде жариялаусыз», «Баспасөзге арналмаған» деген белгілері бар актілер құқықтық мониторинг объектісіне жатпайды. Құқықтық мониторинг жүргізу кезінде мемлекеттік органдар еліміздің заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғамдық және ғылыми ұйымдардан, азаматтардан пікір алуға құқығы бар. Нормативтік-құқықтық актілер туралы ақпаратты жинау, есепке алу және сақтау мақсатында мемлекеттік органдардың заң қызметтері құқықтық мониторингке жататын нормативтік-құқықтық актілердің тіркеуін жүргізеді. Сонымен қатар, мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік орган басшысы немесе басшы міндетін атқарушы адамның бұйрығымен Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әр айға бөлумен және құқықтық мониторинг жүргізілетін нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі көрсетіле отырып, алдағы күнтізбелік жылға арналған құқықтық мониторинг жүргізу кестесі бекітіледі. Мемлекеттік органдар құқықтық мониторингті толық жүргізуді қамтамасыз ету үшін тоқсан сайын әділет органдарына өткен тоқсан үшін орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қабылданған актілерінің тізбелерін есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне қарай ұсынады. Мемлекеттік органдар нормативтік-құқықтық актілерде еліміздің заңнамасына қайшы келетін, ескірген, сыбайлас жемқорлық сипаты бар, тиімсіз құқық нормалары анықталған жағдайда осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде талдамалық анықтамалар жасайды. Сондай-ақ, өзге де мемлекеттік органдар әзірлеген нормативтік-құқықтық актілерде жарамсыз құқық нормалар анықталған жағдайда мемлекеттік органдар талдамалық анықтамалар жасалған кезден бастап он жұмыс күні ішінде осы нормативтік-құқықтық актіні қабылдаған, оның әзірлеушісі саналатын мемлекеттік органға хабарлама жібереді.

Орталық мемлекеттік органдар корпоративтік порталды пайдалана отырып, талдамалық анықтамаларды және құқық нормаларында кемшіліктердің жоқтығы туралы анықтамаларды орналастыруды жүзеге асырады. Мәслихаттар, әкімдіктер тексеру комиссиялары бекітілген кестеге сәйкес ай сайын қазақ және орыс тілдерінде талдамалық анықтамаларды және құқық нормаларында кемшіліктердің жоқтығы туралы анықтамаларды жасайды, сондай-ақ оларды бірінші жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша облыстардың, Астана, Алматы қалаларының аумақтық әділет органдарына жібереді. Жүргізілген құқықтық мониторинг қорытындылары бойынша мемлекеттік органдар есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін жылына екі рет бірінші жартыжылдықтың және жылдың қорытындысы бойынша ақпаратты осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысанға жібереді. Құқықтық мониторингтің соңғы қорытындысы ҚР Әділет министрлігінің корпоративтік порталына орналастырылады.

Толқын БАЗАРБАЕВА,
облыстық әділет департаменті нормативтік-құқықтық актілерді тіркеу бөлімінің бас маманы.

БРИФИНГ

ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНАҒА қалай қол жетеді?


Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті брифингте «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Алматы облыстық филиалының директоры Ғалымжан Шалғымбаев пен орынбасары Қуандық Нұрғалиев журналистермен кездесіп, банктің алдағы жұмыс жоспарын таныстырды.

Қажет АНДАС

Бүгінгі таңда елде тұрғындарды баспанамен қамтудың түрлі жолы бар. Ол туралы бірқатар бағдарлама жасалып, жүзеге асырылуда. Сол қатарда «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ арқылы баспаналы болып жатқандардың қарасы мол. Алдағы уақытта аталған банк салымшылары жақсылықтарға кенелмек. Жақында облыс әкімдігі мен «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ 2015 – 2019 жылдарға арналған «Нұрлы Жол» мемлекеттік инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Осы құжатқа сәйкес өңірге тұрғын үй салуға Ұлттық қордан 3,6 млрд. теңге қаржы бөлініпті. Бұл қаражатқа облыс аумағында 672 пәтерлі 6 үй бой көтермек. Қазірдің өзінде Талдықорған қаласындағы 562 пәтерлі төрт көпқабатты үйдің құрылысы қарқынды жүруде. Қаскелең қаласынан 50 және Өтеген батыр кентінен 60 пәтерлі екі үйді салу жоспарлануда. Әрине, бұл баспаналар пәтер кезегінде тұрған және «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банк» АҚ салымшыларына ғана беріледі. Оның әр шаршы метрінің бағасы 140 мың теңгені құрамақ.

Бүгінгі таңда облыста «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банк» АҚ-ның 28 мыңнан астам салымшысы бар. «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша енгізілген өзгерістерге сәйкес салынған үйлердің кемінде 50 пайызы жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандарға бөлінеді. Алайда, осыған дейін халықтың осы санаттағы қатысушысы банкке жергілікті атқарушы органның жолдамасын тапсырып, жинақтаусыз шот ашып, төлем қабілеттілігінен өткен кезде тұрғын үйге қол жеткізетін. Енді жаңа ынтымақтастық келісім бойынша олар банктің салымшысы болған кезде ғана баспанаға ие бола алады. Тағы бір айта кетерлігі, банктің салымшысы, алайда мемлекеттік бағдарламаның талабына сәйкес келе бермейтін адамдар банктің несиесі арқылы коммерциялық нарықтан қолжетімді бағамен тұрғын үй алуға болады. Брифинг барысында банк өкілдері осы мақсатпен жекеменшік құрылыс салушылармен ынтымақтастық жөнінде белсенді жұмыс жүргізіп жатқанын жеткізді. Осыған орай, «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банк» облыстық филиалы Қаскелең қаласындағы «Туран-Кент» коттедж қалашығындағы үйлерді өткізу туралы келісімге қол қойыпты. Банк салымшылары бұл қалашықтағы үйлердің әр шаршы метрін 145 мың теңгеден сатып алатынын айта кеткен жөн.

Қысқасы, «Нұрлы Жол» бағдарламасы алдағы төрт жылда өңірдегі баспанасыз жүрген көптеген замандастарымыздың пәтерлі болуына септігін тигізбек.



ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАТ АҒЫМ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Соңғы бірнеше жылдың ішінде Қазақстан халқы бұрын-соңды байқалмаған діни экстремизм және терроризм сынды өзекті мәселелерді жиі еститін болды. Қазіргі заманда халықаралық деңгейдегі басты қатерлердің бірі саналатын экстремизм мен терроризм шектен шыққан көзқарас пен әрекет ретінде түсіндіріледі. Шындығында экстремизм әлеуметтік-экономикалық дағдарысты, саяси институттардың өзгеруін, тұрмыс деңгейінің күрт төмендеуін, халықтың басым бөлігінің әлеуметтік жағдайының нашарлауын, ұлтаралық алауыздықты туғызады.

Бұл ретте діни экстремизм таза дін бола алмайды. Кез келген жағдайда оның құрамын әлеуметтік-саяси және экономикалық мақсаттар толықтырады. Еліміздегі және әлемдегі соңғы оқиғаларға байланысты қоғамның осы мәселедегі бейқамдығы біраз алаңдатады. Мемлекет ар мен діни наным-сенім бостандығына және мемлекеттің зайырлылық қағидаларына конституциялық тұрғыдан қайшы келмейтін діни қызметке ғана жол бере алады. Діни араздық пен алауыздықты қоздыру, оның ішінде озбырлыққа шақыратын, ұлттық қауіпсіздікке, адам өміріне, денсаулыққа, имандылыққа немесе азаматтардың құқықтары мен бостандығына қауіп туды-ратын кез келген діни тәжірибені қолдау діни экстремизм есептеледі. Қоғамда діншілдіктің осындай көріністерін анықтау және жария талқылау қажет-ақ. Өйткені, ондай күмәнді қадамдар қоғамның игілігіне зиян келтіріп, еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты бұзуы мүмкін. Ол үшін елімізде тұрып жатқан этностардың діни-имандылық құндылықтары мен салт-дәстүрін, дінге еріктілікті, келер ұрпақтың тағдырына жауапкершілік сезімін, өмірлік қиындықтарды бірлесе жеңу тәжірибесін жаппай насихаттау экстремизмді таратуға қарсы әрекеттің күшті құралы бола алады. Сонымен қатар, құқықтық базаны жетілдіру, арнайы қызметтердің жұмысын нығайту және жетілдіру, діни-саяси экстремизмді қаржыландыруға қарсы күресті күшейту, түсіндіру және насихаттық-идеологиялық жұмыстарды жандандыру қарсы әрекеттің тиімді шараларынан саналады. Соның нәтижесінде мемлекет пен қоғам діни экстремизммен бірлесе күресуге тиіс.

Қоғамдық бірлестіктер мен діни ұйымдар қоғамдағы басқа мәдениеттің адамдарына, олардың көзқарасына, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне, наным-сенімдеріне құрметпен қарауды қалыптастырып, этноұлттық қайшылықтарды түзеуге қатысқанда ғана діни экстремизмнің алдын алу үшін көп нәрсе істей алады.

Б. ҚАЛҚАБАЕВ,
Талдықорған қаласы прокуратурасының бөлім прокуроры.

ЕЛ АНАСЫ АРДАҚТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Онда халық қалаулысы ел ардақтысына деген ерекше сезімін жеткізіп, ұрпақтарына абыройлы өмір тілеген. Сонымен қатар, Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерін екі мәрте өңіріне қадаған қоғам қайраткері Бижамал Рамазанова да сырлы әңгіме өрбітіп, естеліктер айтты.

Елордадан арнайы келген «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ-ның басқарма төрайымы Күләш Шамшидинова сөз алып: «Жақсының ізі сайрап жатады. Ол жайлы айтылар естеліктер мен ақтарылар тілектер де табылады. Зылиха Тамшыбаева мен үшін өте қымбат, аяулы жан. Кезінде жастар ұйымына шақырып, қызметке орналасуыма себепші болған еді», – дей келе кейіннен ел анасының екі бірдей баласын оқытқандығын, олардың қарапайымдығы мен тәрбиесінің жақсы болғаны ана жүрегінің кеңдігі мен адамгершілігінен екенін атап өтті.

Жиында жақсының жақсылығы жырланып, әдемі естеліктер айтылып, күміскөмей әншілер ән әуелетті.

***

Ел анасы атанған Зылиха Тамшыбаеваның туғанына 80 жыл толуына арналған салтанат «Жастар» мәдениет және демалыс саябағында жалғасын тапты. Онда қазақ халқының ұлы өнерін танытып жүрген майталмандардың концерті өтті.

Аталмыш игі шарада ұлт мақтанышы жайлы деректі фильм көрсетілді. Сондай-ақ, облыстық Бикен Римова атындағы драма театры ұжымының сахналауымен жазушы Оразбек Бодықовтың З. Тамшыбаеваға арналған «Жер тағдыры» атты драмасы қойылды. Онда дикан ананың қызылшаны қалай өсіргендігі, тығырықты сәттерден жол тауып өте білгендігі, егістікті аман алып қалғандығы жайынан сыр шертілді.

Жиналғандар алдында облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев сөз алды.

– Құрметті жетісулықтар мен қонақтар! Біз бүгін қазақтың аяулы қызы, ардақты анасы Зылиха Тамшыбаеваның мерейтойын тойлаудамыз. Бұл баршамыз үшін айтулы күн, тарихи сәт. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Нағыз ер Отанының даңқын шығарады, риза болған Отаны – ерінің даңқын асырады», – деген болатын. Парасатты Президентіміздің осы айтқанындай, өмір бойы егіс даласында еңбек еткен анамыз өзінің ғана емес, Жетісудың да атын шартарапқа жайды, – дей келе киелі мекенде күні бұрын басталып кеткен дүбірлі той аясында өтіп жатқан іс-шараларға тоқталды. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың аяғына дейін З. Тамшыбаеваға арналған жазба ақындардың мүшәйрасы өтетінін, Талдықорған қаласындағы бір көшеге, Амангелді атындағы мектепке, Кербұлақ ауданы Шанханай ауылдық Мәдениет үйіне және Амангелді ауылына Еңбек Ерінің есімі берілетінін тілге тиек етті.

Айта кетелік, мерейтой аясында көптеген шара өтіп, игі бастамалар көтерілуде. Мәселен, 5-6 қазан күндері «Жастар» спорт сарайында еркін күрестен ерлер мен әйелдер арасында республикалық турнир өтсе, Ескелді ауданындағы Көксу ауылшаруашылық колледжінде ғалымдар мен ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілердің қатысуымен қызылша өсіру мәселелері бойынша ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылған болатын. Осындай игі шаралардың жалғасы болған еске алу кешінде Астана қаласының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері, белгілі композитор Төлеген Мұхамеджанов сөз алып, жетісулықтардың дарындысын даралап, батырын еске алатын қасиетіне риза екендігін жеткізді. Сонымен қатар, З. Жанболатқызының Әлия, Мәншүк сынды батыр қыздарымыздың сапында екендігін атап өтті.

Ізгі тілектен кейін Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрінің, мемлекеттік «Алтынай» халық би ансамблінің және де жекелей өнерпаздардың қатысуымен концерт қойылды. Осылайша ардақтысын есіне алған көпшілік терең тебіреніс, толғаныспен тарқасты.



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

БАҒАЛЫ ДАҚЫЛДЫҢ бабы көп

Еңбек Ері Зылиха Тамшыбаеваның 80 жылдығына орай Көксу ауылшаруашылық колледжінде «Алматы облысын қант қызылшасын дамыту болашағы және жандануы» атты ғылыми-теориялық конференция өтті. Онда қант қызылшасын өсірудің түйткілді тұстары баяндалып, еңбеккерлердің қолын байлап отырған кемшіліктерді жою жолдары сөз болды. Конференцияны облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексембай Бекішов жүргізіп, ауылшаруашылық саласының білгір ғалымдары баяндама оқыды.

Қажет АНДАС

Шара аясында облыстың Құрметті азаматы Наурыз Қылышбаев пен Көксу ауданының Құрметті азаматы Ақжолтай Көлбаев Зылиха апамыздың адами болмысы мен өңірдің өркендеуіне қосқан үлесі жайын тілге тиек етті. Ал Қазақ егін және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директоры, профессор С. Кененбаев, осы институттың Талдықорған филиалының қант қызылшасы бөлімінің басшысы К. Қонысбеков пен институттың минералды қорек және агроэкология бөлімінің бас ғылыми қызметкері Е. Сүлейменов, экономика ғылымдарының докторы А. Шәріпов, «Жетісу» ӘКК ҰҚ»АҚ-нің агротехнология бойынша кеңесшісі А. Бексұлтанов баяндама оқыды. Олар отандық селекцияның қант қызылшасы сорттары мен будандарын шығару мен оны өндіріске енгізу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын таныстырып, тұқым шаруашылығын дамыту жолдарын түсіндірді. Сондай-ақ, қант қызылшасын өсірудің инновациялық технологиялары мен кооперацияға бірігудің тиімділігін айтып, мол өнім алу мүмкіндіктерін саралады.

Ғалымдардың айтуынша, бүгінде күнделікті қолданатынымыз – шетелдік қант қамысынан жасалған шекер. Ал оның тәттілігі жергілікті өнімнен әлдеқайда төмен. Қазіргі кезде басымдыққа ие дақылдар қатарына жататын және күтімді қажет ететін қызылшаның бейнеті де жетіп-артылады. Өйткені оны өсіруде көбісі қол еңбегіне сүйенеді. Кезінде осындай тәтті дақылды өсірудегі қиындыққа қарамастан Жетісудың абыройын аспандатқан қаншама еңбек адамы абыройға бөленіп, жоғары марапаттарға ие болды. Сол қатарда Зылиха апамыздың атының да ерекше құрметпен аталатыны анық.

Зылиха Жанболатқызының мамандығы мал дәрігері болса да Еңбекші ұжымшарын басқарып тұрған кезінде қант қызылшасының әр гектарынан 600 центнерден өнім алып, бүкіл одаққа танымал болыпты. Осыдан-ақ, апамыздың еңбексүйгіштігін, біліктілігін, жауапкершілігін, ұйымдастырушылық қабілетін аңғаруға болады. Ал технологиясы дамыған, өндірісі өркендеген бүгінгі таңда неліктен сондай жетістікке жете алмай отырмыз? Кеңес одағы кезінде елімізде 80 мың гектарға дейін қант қызылшасы себілген екен. Апамызбен ұзақ жылдар бірге жұмыс жасаған Ақжолтай Көлбаев ағамыздың айтуынша, 1979 жылы Еңбекші ұжымшары қант зауытына 78 мың тонна қант қызылшасын өткізіпті. Кейінгі жылдары бұл көрсеткіш бір жарым мың гектарға дейін төмендеген.

Осы олқылықтың орнын толтыруға Елбасының Жетісу жеріне келген іссапары барысында қант қызылшасын қайта түлету жөнінде берген тапсырмасы айтарлықтай ықпал еткен. Жүктелген міндетті ойдағыдай орындау үшін облыс әкімі Амандық Баталов өткен жылы егіс көлемін 4 мың гектарға жеткізсе, биыл 6 мың гектардан асырып, одан мол өнім алу мүмкіндігіне негіз қалауда. Жоғары жетістікке қол жеткізуге Үкімет тарапынан да барынша қолдау көрсетіліп, демеуқаржы қарастырылып отыр. 2020 жылға қарай бағалы дақыл себілетін жер аумағы 14 мың гектарға жетіп, облысты сапалы қантпен қамтамасыз ету қиындығы шешілмек. Ол үшін тыңғылықты жұмыс, жүйелі басқару, белсенді еңбек керек. Осы тұста ғалымдар: «Зылиха Тамшыбаеваның қант қызылшасын өсірудегі озық тәжірибесін өндіріске қолдану артықтық етпейді» деген пікірде.

Қалай десек те тәтті түбірдің күтіп-бапталуы жүйеге келтіріліп, механикаландырылса, қызылшашылар бұл дақылды егіп, өсіруден бас тартпайтыны рас. Сонда қаншама ауыл тұрғыны жұмыспен қамтылып, тұрмысын түзетер еді. Пайдалы дақылға деген көзқарастың қайта өзгеріп, жаңалыққа бетбұрыс жасалынуы да сондықтан болса керек. Зылиха апамызға арналған конференция көпшілікке осындай терең ой салды.

Шұбар ауылы,
Ескелді ауданы.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Ең бекіп ең үлкен үлгі



Қасиетті Жер-ананың төсінде маңдай тері төгіп, табан етін сөгіп жүріп еңбек етіп ел анасына айналып, Еңбек Ері атанған Зылиха апа Жанболатқызы тірі болғанда сексен жастың төрінде ақ қырау шалған самайы ажарын ашып, өзінің биязы мінезі, мейірімді жүзімен жайнап-ақ отыратын еді. Амал қанша? Асыл адам, қымас жанның дүниеден өткеніне де жылдар ауысты. Бір кездері облыстық «Жетісу» телеарнасындағы «Аманат» бағдарламасында журналист Мейрам ЖАНӘДІЛОВ сыр-сұхбат жүргізген еді. Аяулы ананың мерейлі жасында сол дидарласуды газет бетіне лайықтап, оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Мейрам Жанәділов: – Зылиха апай, өзім сонау Арқада тусам да сіздің есіміңізге бала кезімнен қанықпын. Өйткені біздің бала шағымызда телевизор жоқ, газет-журнал оқимыз. Сонда анау Қостанайда механизатор Кәмшат Дөненбева апайымыз бар. Киелі Жетісу өңірінде Еңбек Ері өзіңіз барсыз.Тіпті, бертін келе қоғам қайраткері болдыңыз. Сол сәттерде арада бірнеше жылдар өткеріп, тура сол Зылиха Тамшыбаевадан, Еңбек Ерімен телеарнада сұхбат жүргіземін деп ойламаппын. Дәл осы дидарласуды өмірімнің қайталанбас кезеңі, маңдайыма жазылған бақытты сәттің бірі деп ерекше күй кешіп отырмын.

Зылиха Жанболатқызы: – Рахмет, айналайын!

Мейрам Жанәділов: – Енді әңгімемізді кеудеңіздегі жарқыраған «Алтын Жұлдыздан» бастасақ. Бұл «Алтын Жұлдыз» кешегі тарих қойнауына енген Кеңестер одағының ең үлкен наградасы емес пе? Кез келген жанның кеудесіне қадала бермейтінін бәрі біледі. Ендеше, осы наградаға жету жолындағы алғашқы қадамыңыздан бастасақ әңгімемізді?

Зылиха Жанболатқызы: – Мен «Алтын Жұлдызға» дейін бірауыз сөз айтқым келеді. Жаңа өзіңіз айтып отырсыз анау Арқада жүрсек те біліп, тани бастадық деп. Енді осы ұлғайған кезімде де Қазақстанның қай түкпіріне барсам да Зылиха апай деп қол алысып амандасып жатады. Сондай сәтте – біздің еңбегімізді ел алдында насихаттап, ер атандырған бұқаралық ақпарат құралдары деп ылғи айтып, алғысымды білдіріп жүремін. Өйткені журналистерсіз бізді ешкім білмеген болар еді. Айтып отырмын ғой, бірінші қадамымнан бастап ақпарат құралының алдындамын. Соның арқасында бүкіл ел таныды. Кеңес одағының тұсында басқа да мемлекет біліп жатты, шүкір деймін. Өзіңіз айтқандай Еңбек Ері оңайшылықпен берілетін марапат емес. Бұл маған сексен бірінші жылы берілді. Өзім қазірге дейін қырық жылдан аса уақыт басқарып отырған шаруашылыққа келемін деген ойым да болған жоқ. Көксу ауданы құрылғанда атқару комитетінің орынбасарлығына жіберген. Содан бір жылдан кейін қысқартылды. Сол райкомның хатшысы Махметов деген жақсы адам бар еді, шынымен де тамаша кісі болатын. Сол кісі шақырды да: «Қарағым, Зылиха сен істеп жүрген қызмет қысқарып жатыр, басқа қызметке ауыстырайық», – деді. Ол кезде ұяңмын көп сөйлемеймін де «өздеріңіз білесіздер» дедім. Сонымен бұл кісі ана жұмысты бір, мына жұмысты бір айтады. Содан бір күні «Зылиха сен Еңбекшіге порторг болып бар», – деді. Еңбекші аудан, облыс, республикада артта қалған шаруашылық. Осы кеңшардың тамырына қан жүгіртіп, алдыңғы қатарға шығару керек. Бұл сенің қолыңнан келеді», – деді. Ауданда қызмет істеп жүргендіктен ол кеңшардың жағдайын мен де жақсы білемін. Таяқ жемейтін жері жоқ. Көрсеткіш өте төмен. Ол кезде партияның жұмсаған жері заңды, одан бас тартуға болмайды. Жылап келдім. Райкомның бірінші хатшысы машинасына отырғызды, жаныма райисполкомның бірінші хатшысы отырды. Сонда да машинаның ішінде көзімнен жасым сорғалап келеді. Қарсы тұрар дәрмен жоқ. Біраз уақыт істеп кетермін, болмаса бір жаққа кетермін деп ойлап отырмын. Сонымен жаңа ортада еңбекке араласып кеттім, әне-міне, дегенше, жыл аяқталды. Жетпіс төртінші жылдың күзінде аудандық партия комитетінің хатшысы шақырып: «Зылиха сен енді сол жерге директор бол, – деп тұр. Бұл ұсынысқа не дерімді білмей: «Тұрсын Махметович күлесіз бе, ашуланасыз ба, білмеймін. Бірақ еркектер атқармаған шаруаны мен қалай атқарам. Мұндай жауапкершілігі жоғары, жүгі ауыр жұмысты қалай атқарамын», – деп қарсылық білдірдім. Сонымен үш ай бұл кісі кабинетіне шақырып алып та айтады, машинасына отырғызып, шаруаны аралаған болып та айтады көнбедім. Содан Тұрсын ағаның бәрібір директор етіп қомай тынбайтынына көз жетті. Содан үйге келіп, ағаларыңмен ақылдастым.

М. Жанәділов: – Аталарымыздың «Қабырғаммен кеңесейін» дегені болған екен ғой. Ағамыз не қызмет атқаратын еді?

Зылиха Жанболатқызы: – Ол кісі сол ауылда мал дәрігері. Бірге істейді. Сөйтіп ойымды айтып едім: «Басшылардан ұят болмасын. Көнбей жатса келісе бер. Қиналып, қолыңнан келмей жатса, көздері жеткен соң өздері де басқа шаруаға ауыстырып жіберер», – деді. Мен айтам: «Үйбай-оу, әй елден жұрттан ұят емес пе? Тамшыбаеваны директор жасаған екен қолынан келмегеннен кейін қуып жіберіпті», деген жақсы сөз емес. Сонымен қысқасы көндік қой. 1971 жылдың сегізінші наурызы күні Тұрсын Махметов өзі әкеліп, осы Еңбекші ауылына директор етіп тағайындады. «Менен асқан жомарт еркек жоқ 8 мартқа Зылихаға сыйлық жасадым, – деп мәз болды. Сөйтіп, істеп кеттік қой.

М. Жанәділов: – Міне, көреген басшы сіздің қолыңыздан бір шаруашылықты дөңгелетіп әкететініңізді білген екен ғой. Сонымен Еңбекші кеңшарын қанша жыл басқардыңыз?

Зылиха Жанболатқызы: – Табан аудармай, көшіп-қонбай сол ауылда отырғаныма 41 жыл болды. Шаруашылықты басқармай тұрғандағы он шақты ай партия ұйымының хатшысы болғаным маған қатты көмектесті. Мен халықты танидым халық мені таныды. Ылғи сол елдің ортасында болдым. Алғашқы күннен сенім жүгін арқалап, орта жолда қалдырмауға белімді бекем буа кірістім. Нәтижесінде 100 центнер өнім ала алмай жүрген шаруашылық бес жылдан кейін қант қызылшасының әр гектарынан алған 400-500 центнермен сөйлестік қой.

Мұның бәрі менің ғана емес, сол кеңшардағы еңбеккерлердің табан ет, маңдай терінің жемісі. Мен дұрыс ұйымдастыра білген шығармын, еңбек елдікі. 3600 гектар жеріміз бар соның 30 пайызы қызылша. Бұл өзі өте бір дұрыс дақыл ғой. Егер есебін тапса, күтіп-баптаса, жақсы өнім беретін дақыл. Қызылшадан жом болады, ол жомды сиырға бересіз, сиырдан сүт шығады, ет болады. Осылайша табысы көбейіп жататын өнім. Бар пейіліңді жерге берсең, жер елге береді. Сол тынымсыз еңбек пен ұтымды ұйымдастырудың арқасында арада он жыл өткенде 1981 жылы еңбегім бағаланып, «Алтын Жұлдызды» кеудеме қададым. Бірақ ол менің ғана еңбегім деп ешқашан айтып көргенім жоқ. Ол осы жердің халқының еңбегі. Төрт рет Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болдым. Бір рет Жоғарғы Кеңес төрағасының орынбасары болдым. КПСС-тің үш съезіне қатыстым. Хрущевті, Брежневты, Горбачевті тыңдадым.

М. Жанәділов: – Зылиха апай, Хрущев, Брежнев, Горбачев сынды ел басқарған қайраткерлерді көрдіңіз. Әңгімені олар жайында емес, өзіңіз бірге еңбек еткен Дінмұхамед Ахметұлы туралы, кеше ғана өмірден өткен Бәйкен Әшімұлы ағамыз жайлы өрбітсек.

З. Жанболатқызы: – Димаш Ахметұлы ғасырда бір туатын дара тұлға ғой. «Тау алыстаған сайын биіктейді», дейді ғой. Уақыт өткен сайын Дінмұхамед Ахметұлының қасиеті қандай биіктеп жатыр. Бұл кісі жайлы өзің де білесің. Димекеңнің ұлты үшін жасаған еңбегі ұланасыр. Ол кісінің жақсылығы ғасырдан-ғасырға жалғасып, қайраткердің жарқын бейнесі ұрпақ санасында мәңгі сақталары сөзсіз. Димаш Ахметұлы осы ауылға 83-ші жылы келіп, шаруашылықты аралап болған соң, жаңадан ашылған Мәдениет үйіне әкелдім. Сонда: «Пах, ширкін! Мынау ауылдық Мәдениет үйі ғана емес. Мынау дегеніңіз ақсарай ғой, ақсарай», – деп таңғалысын білдіріп, бәрімізге алғысын айтты. Сыртқы үлгісі сол кездегі Мәдениет үйлерімен бірдей болғанымен, ішкі үйлесімін түгелдей өзгертіп салдық, сол мәдениет ошағын. Өзім прораб болып кеттім ғой. Әйтеуір өзгеде жоқ құрылыс заттарын, мрамор тастарын, люстраларын бәрін-бәрін ешкімде жоғын салуға тырыстық. Содан болар ағаның «Ақсарай ғой, ақсарай» деп таң-тамаша болып жүргені. Дастарқанымыздан дәм татып, емен-жарқын әңгімесін айтып, батасын беріп кеткен. Ал Байкен Әшімұлы да ерекше, еңбек үшін туған жан ғой. Бір таңғалатынымыз қай жерде, қандай жиында отырса да тұлғаланып тұратын. Сабырлы, байсалды. Совминнің бастығы болып тұрғанда алдына бірнеше рет бардым шаруамен. Ақылын айтады, қолынан келгенше көмектеседі. Содан кейін Президиумның төрағасы болып біраз уақыт істеді. Сонда айтқаны ғой: «Зылиха айналып-айналып келіп тапқан шаруам мынау болды», – деп.

М. Жанәділов: – Зылиха апай, сол партия кезінде, кеңестер тұсындағы қайраткерлер жөнінде айтып отырмыз ғой. Сіз осы жасқа келгенше көптеген облыс басшыларымен еңбек еттіңіз. Облыстың бірінші хатшылары кейіннен облыс әкімдері болды. Әр басшы мен әр қайреткердің барлығы бірдей емес қой. Дегенмен, солардың арасында өзінің ерекшелігімен, іскерлігімен тұлға ретінде кімдерді айта аласыз?

З. Жанболатқызы: – Адам есейген сайын жас күніне мән бермейді. Осы күні жазатын болып жүрмін анда-мында қанша обкомның басшысымен жұмыс істестім, қанша ауданның хатшысымен дегендей. Серік Әбікенұлы дәл қазіргі уақытта облысты басқарған басшылардың он алтыншысы екен. Бала кезімдегі обкомның хатшыларын көп білмеймін енді. Ілиясов Губайдулла деген кісі болды мен фермада істеп жүргенде. Ол кісіні сол бір екі-ақ рет көрдік. Одан кейін облыс қосылып кетті. Жаңа ғана жоғарыда айтқан Бәйкен Әшімов келді. Сонда облисполкомның орынбасары Бәтима Сақауова: «Мына Зылиханы пленум мүшелігіне кіргізейік», – деп ұсыныс айтыпты. Сонымен мені обком партияның пленум мүшесі етіп сайлады. Өзім ойлаймын сол адамдар осылай жетектемесе, сені көрмесе кім болар едім. Түсіне білген адамға өмір үлкен мектеп қой. Бұл өмірде жақсы да, жаман да бар. Сол жақсы адамдар қатарында Димаш Ахметұлы, Бәйкен Әшімұлы, Бәтима Есболатқызы, Бижамал Рамазанова, Асанбай Асқаров сынды ел танырған тұлғалар бар. Бұлардың бәрі өз еңбегімен есейіп, елге танылғандар. Менің мақсатым: «Болмасаң да, ұқсап бақ» деп Абай атамыз айтқандай, соларға ұқсауға тырыстым. Димекеңнен кінәрат табамыз деп оның белді кадрларының бірі Асанбай Асқарұлын түрмеге де қамады. Қанша күйе жаққанымен ақ дүние өзінің ақ екенін көрсетіп тұрмай ма? Түймедей нәрсе тапса, Асекеңмен бірге Димекеңді де қамайтын еді. Оларды адалдығы қорғап қалды. Өйткені бұл кісілер адам деген ардақты атты аялай білді.

Ал облысты он алтыншы басқарған Серік Әбікенұлы да бір қалыпты жаратылған жан ғой. Қазақы көңілі. Үлкенге құрмет жасап, алдында иіліп тұратыны. Қал-жағдайыңды сұрап, көңіліңді аулап тұратыны. Өзіне ғана тән ерекшелігі-ау деймін. Қандай жерде жүрсін кіммен қалай сөйлесу керектігін жақсы біледі. Үлкенге іні, кішіге аға бола білу қасиеті керемет. Жүрген жерінің бәрінде әйтеуір, көмегін бергісі келеді де тұрады. «Барған жеріңе шеге тастама, елдің есінде қалатын із таста», дейтін мақалды айтып жүрмін ғой. Серік Әбікенұлы сондай жүрген жерінде жақсы із қалдырып жүрген жан.

М. Жанәділов: Сіз тек дала төсінде еңбек етіп қана жүрген жоқсыз. Отбасында да ұлағатты ұл, қылықты қыз өсіріп, аяулы анаға айналдыңыз. «Тегіңді сақтаймын десең, ұлыңды тәрбиеле, ұлтыңды сақтаймын десең қызыңды тәрбиеле», – деген. Ендеше, ұлт болашағы болатын қыз-келіншектерге айтар ақылкеңесіңіз қандай?

З. Жанболатқызы: – Иә, қыз-келіншектерге айтарым өте көп. Бұл өмірдің жалғасы сол қыз-келіншекке байланысты. Мысалы, қыз бала ертеңгі ана. бүрсігүні апа, арғы күні әже мен сияқты. Сол әжелердің жиналысында айтамын ара-тұра: «Әй, бәйбішелер сендер қызметімізді жасадық, баламызды тудық, енді бітті демеңдер. Біздің міндетіміз үлкен. Мына өсіп келе жатқан жеткіншектерді тәрбиелеуіміз керек. Соларды өмірге баулу керек», – деп. Ал енді шынында да жүрегім ауырады қазіргі қыздардың тәрбиесі, жас келіншектердің жүріс-тұрысы, әр халықтың өзіндік бір қасиеті, салты бар. Соның барлығын жоғалтып барамыз. Бұл, әрине, өте ойланатын, өте қатты айтатын, өте мән беретін шаруа. Оған енді отбасынан бастап, билікке дейін көңіл бөлу керек. Өйткені біз бүгінге дейін заманға еліктеп, біраз нәрседен айырылдық, енді ес жимасақ, тағы да айырылып қалуымыз мүмкін.

М. Жанәділов: – Әр баланың тәрбиесі шаңырақтан басталады ғой. Тағы да реті келген сауал, өзіңіз төрт бала тәрбиелеп, өсіргенсіз. Одан кейін құдайға шүкір, немерелеріңіз, шөберелеріңіз бар. Өзіңіз айтқандай үлкен шаңырақтың әжесі болып отырсыз. Балаларыңызды қалай тәрбиеледіңіз? Қоғам жұмысы бар, ел басқардыңыз. Сол арада тәрбиеге қалай көңіл бөлдіңіз?

З. Жанболатқызы: – Менің өмірімнің осындай баянды, тамаша болуы үйдегі ағаларыңның көмегі ғой. Ағаларың әйтеуір, менің қарбалас шаруамен көңіл бөле алмай жатқан жерімді, ағаларың бүтіндеп жүрді. Және менің жолдасымның жақсы бір қасиеті мынау әйелдің жұмысы, мынау еркектің кәсібі деген жоқ. Мен жоқта қазанның басына барып балаларға былай істе, былай істе деп соғанға дейін үйретті. Ағаңмен отасқан елу үш жылда жақсы ғұмыр кештік.

М. Жанәділов: – Зылиха апай, құдай қаласа биыл жетпіс төрт жасқа келесіз. Ойлап отырсам, соноу аштық жылдары дүниеге келген екенсіз. Тағдырлы жылдарды басыңыздан өткіздіңіз. Сөйтіп жүріп, бойжетіп, ой түзеп, ел басқардыңыз. Осы уақытқа дейін небір даму мен дағдарысты басыңыздан өткердіңіз. Өмір-керуенін тағы бір көз алдыңыздан өткізіп көрсеңіз.

З. Жанболатқызы: – Балалық шақтағы қиыншылықты айтудың өзі қиын. Аш-жалаңаш күндер өтті. Соғыстан кейінгі жылдары бейбіт заманда өмір сүріп, аққа аузымыз еркін тиеді деген тұста анам кетіп қалды. Әкем екеуіміз-ақ. Өзіңіз ойлап көріңіз – не отын жоқ, не су жоқ, май шаммен отырып, сабағымды оқыдым. Әйтеуір күнкөрдік. Және менің таңғалатыным сол кездегі балаларды ешкім оқы деп қинамайды. Омбылап қар кешіп, аяғымыздан су өтіп жүріп оқимыз. Сабақтан қалу деген жоқ. Қайтсек те ел қатарлы білім алып, ел қатарына ілінуіміз керек деген ұмтылыс санамыздан шықпайтын. Кейін Хрущевтің тұсында да халық бір қинамайды қалды. Бірақ одан кейін жаман болғанымыз жоқ. Әрине, Кеңес одағы ыдырағаннан уақытта біраз қинадық. Ол күндердің бәрі қазір ертегі сияқты. Ұрпағымыз біз көрген қиындықты көрмей, еркін елде еркелеп өсе берсін деймін.

М. Жанәділов: – Жалпы ел арасына көп жүресіз ғой. Көргеніңіз бен көңілге түйгеніңіз де аз емес. Еңбегіңіз арқылы көпке үлгі де болып отырсыз. Осындай биікке жеткізген сіздің өмірлік ұстанымыңыз қандай?

З. Жанболатқызы: – Мәңгі өмір сүретін адам жоқ. Адамды өлтірмейтін артында қалдырған өнегелі сөзі мен өшпейтін ізі. Біз атымызды еңбекпен шығардық. Мына бастамаларың өте жақсы. Осындай көп көргендер мен көңілге түйгені мол жандармен сұхбаттасу өте жақсы дүние. Аз айтсақ та, көп айтсақ та біз шындықты айттық. Көрген адам керегін алар, бір кәдесіне жарар. Бір көңілге көлеңке түсіретіні қазіргі жастардың арасында Димаш ағаны білмейтіндер де бар. Анада бір жерде Бәйкен Әшімұлы туралы айтып отырсам, «ол кім» дейді. Бұл ұят енді. Ол кісілер осы Қазақстанды көгертуге, көктеуге қаншама еңбек жасады. Анау орыстың арасында шайқасып жүріп, Қазақстанды аяғынан тұрғызды ғой. Қаншама жақсылықтар жасады, ол кісілерді ұмытуға бола ма? Осы жағын көп насихаттаңдар. Бағзы бабаларымыздан бастап, кешегі кеңестік кезеңде еңбек еткен есіл ерлерді ұмытуға болмайды. Ол үшін осындай насихат керек. Ал енді қазақ еліме, Жетісу жеріме тілейтінім бірлік пен береке. Бірлік болса барлық дүние бізде бар. Баяғыда ата-бабаларымыз осы үш жүздің басын қоса алмай арманда кетті ғой. Қазір не арманымыз бар?! Бәріміз бір шаңырақтың астында бақуатты өмір сүріп жатырмыз. Бір-бірімізді сыйласақ, ертеңгі күнді ойласақ, келешекке көз жүгіртсек бәрі жақсы болады. Қазақта мақал бар: «Елдің қадірін көшкенде білесің, ердің қадірін өткенде білесің», – деген. Осы асыл сөздің парқын білейік, қадіріне жетейік. Басымызға амандық, ел-жұртымызға тыныштық берсін. Ел арасында ауызбірлік берік болсын. Сонда бәріміз де жаман болмаймыз. Енді арамыздағы бірен-саран жалқауларымыз қатарға қосылса, жақсы болар еді!

М. Жанәділов: Зылиха апай, көргеніңіз бен көңілге түйгеніңізді бөлісуге алтын уақытыңызды қиып келгеніңізге рахмет. Сіздің өміріңіз ұрпаққа өнеге. Ұрпағыңыздың қызығын көріңіз.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№116 (18248)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 20 қазан, 2016 жыл.

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ

343 ЦЕНТНЕРДЕН АЙНАЛДЫ

Жарты ғасырға жуық нәпақасын тәтті түбір өсіруден тауып келген ақсулық қызылшашылардың биылғы белсенділігі көңіл қуантады. Жалпы, өткен жылы аудан бойынша 860 гектарға қант қызылшасын сепсе, биыл 14 ауылдық округтің 96 шаруа қожалығы жоспарды асыра орындап, 1505 гектар жерге тәтті түбір егіп, жиын-терін жұмысына кірісті. Науқандық жұмысқа дайындық ойдағыдай. Бөлінген жанар-жағармайдың қоры мен техника да жеткілікті. Аудандық ауылшаруашылық бөлімі мамандарынан білгеніміздей, қазіргі таңда қант қызылшасының 42 пайызы жиналған, кейбір жеке шаруашылықтар гектарына 600 – 700 центнерден өнім жинауда. Ал аудан бойынша гектар берекелілігі орташа 343 центнерден айналуда. Бұл бүгінгі облыстық көрсеткіштен жоғары. Сондай-ақ, өткен жылы 21 мың тоннадан астам қызылша шикізатын «Көксу қант зауыты» ЖШС-не өткізген ақсулықтар биыл өнім көлемін 40 мың тоннадан асырмақ. Әр тоннасы 17 мың теңгеден сатылса, өнір диқандарының кіріс көлемі де аз болмайтыны белгілі. Әрине, жетістікке жету қашанда қолдау мен қамқорлықсыз болмайды. Ақсу ауданына барған сапарымызда соның мән-жайын біліп қайттық.

Қажет АНДАС

Сол қатарда «Зәкірлік инвесторлармен» бірлескен кәсіпорын құру бағытында ауданға инвестиция тарту жөнінде комиссия құрылып, жоспар жасалыпты. Айталық, Ақсу қант зауытын іске қосу мақсатында немістердің «BMA» фирмасымен келіссөздер жүргізіліп, зауытқа 38 млрд. теңге көлемінде неміс технологиясымен қант қызылшасын өңдейтін құрал-жабдықтарды орнату жоспарланған. Жобаның ерекшелігі – қант өндірісі қалдықтарын да қайта өңдеу іске асырылмақ. Бұл алдағы уақыттың еншісінде болса да ақсулық диқандардың қант қызылшасын өсіруге деген белсенділігін арттыра түскен.

Биыл Ақсу ауданы тәтті түбір өсіруге арналған өндірістік кооперативтерді құру бастамасын мықтап қолға алып, әлемдегі ең озық технологияны енгізіп, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік ашты. Сол қатарда Жақан Қылышбеков басшылық ететін «Бәйтерек» кооперативінің бастамасы жұртты сүйсіндірді. «Қылышбеков», «Жұлдыз», «Диқан» шаруа қожалықтарының басын қосқан кооператив «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК» АҚ-ның қолдауымен 300 миллион теңгеге жаңа техника сатып алыпты. Германия мен Беларусь елдерінен сатып әкелінген жаңа техникалар адам күшін көп қажет етпейді. Оның үстіне бүгінгі заманауи үлгімен жабдықталған техникалар компьютерлік жүйемен жұмыс істейді. Жаңа техниканың күшімен ұжым бір ғана қант қызылшасын 100 гектардан артық жерге егіп, өнім жинауды бастап кеткен. Ақсулықтар судан да таршылық көрмейді. Алдағы уақытта Қызылағаш су қоймасы толық қалпына келтірілсе, Жоңғар Алатауының баурайындағы кең жазықта қант қызылшасы жайқалып өсетін болады. Бүгінгі ақсулықтардың тәтті түбір өсіруге деген ұмтылысына үміт қосқан жағдайлар осылар.

Басқасын айтпағанның өзінде бір ғана Алтынарық ауылындағы егістікте жайқалып өскен бағалы дақылды көргенде ала жаздай төгілген тердің дастарқанымыздың берекесін кіргізіп, диқандардың қаржысын еселей түсетіндігін байқадық. Басқа аумақта да осындай берекенің бар екенін шаруа қожалығының иелері айтып берді. Әсіресе, «Бәйтерек» кооперативінің лизингке алған жаңа техникалары көңілге қуат береді. Бүгінде кооперативтің егіс алқабында



жүрген Германиядан сатып алынған «Клайн» маркалы комбайн күніне он бес гектар жердің қызылшасын қазып, автокөлікке тиеп береді. Ал қызылша жапырағын шабатын техника да адам күшін керек етпейді. Яғни, жалғыз шетелдік техника үш жүз адамның қол жұмысын бір өзі атқарып жүр. Айтпақшы, 20 тонналық бір көлікті толтыруға 30 минут уақыт жұмсалады.

Айта кетерлігі, қазып алынған қант қызылшасын «Көксу қант зауыты» ЖШС-нің қоймасына тасымалдауда жетіспей жатқан жай бар. Мәселен, аудан бойынша қызылша тасуға бір уақытта 20 тонна жүк таси алатын 40-тан астам «КамАЗ» көлігі жұмылдырылғанымен, жолдың шалғайлығы жұмыс қарқынына белгілі деңгейде кедергі келтіруде. Уақыттың көбі егіс алқабынан берісі 100, арысы 250 шақырым жердегі зауытқа барып-келуге жұмсалатын көрінеді. Таңертең Ақсудан қызылша тиеп қалаға бет алған көліктер, жолға кететін уақыт, зауыттың кезегі, техникалық кедергіні есептегенде, кешке қарай қайтып оралады екен. Осы қиыншылықты алға тартқан ақсулықтар: «Ақсу қант зауытының шикізат қабылдау пунктін уақытша іске қосып, Жансүгіров кентінен қант қызылшасын қабылдайтын пункт ашылса, диқандар қолда бар тракторларымен-ақ жұмысты іркіліссіз жүргізе берер еді», – деген өтініштерін білдірісті. Облыс әкімі Амандық Баталов келер жылы Ақсу қант зауытының іске қосылатынын сеніммен айтып отыр. Демек, уақытша қиыншылықтың шешілер кезі де жақын.

Бір қуанарлығы, биылғы ауа райы жұмысшылардың жұмыла еңбек етуіне қолайлы. «Бәйтерек» кооперативінің жетекшісі Жақан Қылышбековтің айтуынша, ауа райы тосын мінез танытпай, жұмыс осы қарқынмен жүргізілсе, келесі аптада өздеріне тиесілі 100 гектар жердің қызылшасын толық жинап, зауытқа өткізіп үлгереді. Ары қарай басқа да қожалықтарға көмектесу ниетінде. Олар қант қызылшасының әр гектарын қазып, көлікке тиеп беру үшін 70 мың теңге көлемінде баға ұсынып отыр. «Бұл қол күшіне сүйеніп, көп шығын шығаратын шаруалар үшін қолжетімді баға», – дейді кооператив жетекшісі. Ал «Бәйтерек» кооперативінің еншісіндегі жаңа техниканың қуаттылығын көрген өзге де тұрғындар осындай техникалар сатып алуға мүмкіндік тудырылса, тәтті түбірді молынан өсіруге ниетті.

Ақсу ауданы.

СЕЛЕКТОР

ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Үкіметтің кезекті отырысында ауыл өміріне қатысты әлеуметтік маңызы бар бірнеше мәселе қаралап, талқыланды.

Ауыл жағдайы жақсарады

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жиында алдымен елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз етуге байланысты жүзеге асырылып жатқан жұмыстар мен жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту арқылы ауыл тұрғындарын жұмысқа тарту мәселесі қаралды. Осыған байланысты ҚР Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев, ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова, ҚР Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов хабарлама жасады. Жиында мәлім болғандай, «Ақ бұлақ» бағдарламасын жүзеге асыруда қазақстандықтардың орталықтандырылған ауызсумен қамтылуына жол ашылған. Биыл «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы және «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 75 жобаны іске асыру үшін 62,1 млрд. теңге бөлінген, ал келесі жылы 153 жобаны орындауға 53 млрд. теңге қарастырылған.

Сондай-ақ, ҚР ҰЭМ облыс орталықтары мен ірі қалаларды сумен қамту саласына мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті тартуды ұсынып, ауылдық жерлерді сумен қамту бойынша бірқатар мәселені шешу жолдарын қарастырды. 2012 –2015 жылдар ішінде барлығы 1 301 ауылға іздеу-барлау жұмыстары жүргізілген. Биыл мұндай жұмыстар 480 ауылда аяқталмақ. Жалпы, бұл елді мекендерді жерасты суы қорларымен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін көрінеді.

Елде жыл соңына дейін 150-ге жуық ауылшаруашылығы кооперативі құрылмақ. Яғни, ол жүз сүт қабылдау бекеті мен екі мыңнан астам отбасылық бордақылау алаңын біріктірмек. Сонымен бірге ауылшаруашылығы кооперативтерін дамыту мақсатында қаржыландыруға бағытталған жаңа несие түрлері бекітілген. 2011 жылдан бері 40 мыңнан астам қазақстандық шағын несиеге қол жеткізіп, 38,5 мың қосымша жұмыс орындары ашылған.

Қазіргі кезде 6,4 мыңнан астам адамға шағын несие берілген, оның ішінде шамамен 4 мыңы алғаш рет өз ісін ашыпты. Несие алғандардың ішіндегі 5 мыңнан астамы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болса, қалғандары жұмыссыздар екен. Шағын несиеге қол жеткізгендердің 89%-ы несиені ауылшаруашылығына, 6%-ы қызмет көрсетуге, 3%-ы өнімді қайта өңдеуге, 2%-ы басқа салаларға пайдаланған.

Аталған тақырып аясында бірқатар өңір басшылары есеп берді. Сондай-ақ, кеңесте ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов «Пробация» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдардың жобаларын талқылады. Министрдің айтуынша, «Пробация туралы» жаңа Заң қылмыстық саясатты одан әрі ізгілендіруге бағытталыпты.

Жиын соңында Үкімет басшысы сумен жабдықтау саласын тәртіпке келтіріп, малмен күн көріп отырған ауыл халқына жүйелі қолдау көрсетуді тапсырды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Жауапкершілік жүгі ауыр

Қоғамдағы күрмеуі қиын мәселелердің түйткілін шешу тікелей қоғамдық кеңес мүшелеріне жүктелген міндет. Атқарар жұмыстың бір арнада тоғысуын қадағалайтын да аталмыш қоғамның мүшелері.

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Әрбір істің оң шешімін табу мақсатында жұмыс істеп келе жатқан қоғамдық кеңестің кезекті отырысында облыс әкімдігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» №29 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қаралды. Бұл туралы облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексенбай Бекішев баяндама жасады. Жиынға қатысушылар ауылшаруашылық саласына қатысты сұрақ қойып, тұшымды жауап алды.

Өткен жиында қаладағы дәріхана сөрелеріндегі дәрілердің күн санап қымбаттауы талқыланған болатын. Мұндай қымбатшылық тұрғындар қалтасына біраз салмақ салатыны да анық. Көпшіліктің айтуынша, тауардың тек бағасы емес, сонымен қатар сапасы да жіті қадағалануы тиіс. Бұл мәселе сөз болғанда дәріханалардағы олқылықтың орнын толтыру үшін «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы жауапкершілік салмағын өзіне алған болатын. Аталған істі көпке созбай, дереу шара қолдану мақсатында арнайы комиссиялық топ құрылған. Ендігі кезекте дәріханаларға комиссиялық тексеріс жүргізу жұмыстары жүйелі атқарылатын болады.

Қоғамдық кеңестің облыста құрылып, нақты жұмыс істеп жатқанына көп уақыт бола қоймаса да бірқатар мәселе өз шешімін тауып келеді. Атқарылған нәтижелі іс пен алдағы уақытта атқарылатын шараларға тоқталған кеңес мүшелері болашақта да халық игілігі жолында тынбай еңбек ететіндіктерін жеткізді.

Нұр Отан

Салауатты өмір салтын ұстану әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызды, дұрыс тамақтануымызды, зиянды әрекеттерден аулақ болып, тазалық пен санитария талаптарын сақтауымызды қажет етеді.

ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Бала күннен қалыптасқан жеке бастың тазалығын сақтау әдеті болашақта әрбір адамды өз денсаулығына зор қамқорлықпен қарауға үйретеді. Сол себепті де «Тазалық – денсаулық кепілі» деп бекер айтпаған. Осыған орай республикалық желілік кестеге сәйкес «Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалының ұйымдастыруымен Текелі қаласының кәсіптік колледжінде «Ұлт денсаулығы – ұлт болашағы!» атты іс-шара өтті. Шараны «Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлнәр Ибраимова ашты. Іс-шара барысында Текелі қалалық емханасының психологы Эльзира Мұхаметкаримова «Ұлт денсаулығы – ұлт болашағы!» атты баяндама оқып, жастар арасында пікірталас өткізді. Жастарды түрлі қауіп-қатер, жұқпалы аурулардан сақтандыру мақсатында дәріс оқыды. Осындай түрлі шаралар арқылы жас ұрпақтың бойында салауатты өмір салты қалыптастырылып, оларға жеке бастың гигиенасын сақтау, жат қылықтардан аулақ болу секілді тағылымды тәрбие беріледі.

Шора БАТЫРБАЕВ.
Текелі қаласы.

ҚОНЫСТОЙ

Жас отбасылар қуанышы

Өтеген батыр кентіндегі облыстық балалар ауруханасы орналасқан шағынаудан күннен-күнге гүлденіп келеді. Бұл аймақтың жаңа білім ошағы, балабақшасы бар. Жақында мұнда жабық жүзу бассейні ашылды.

Елу пәтерлі, бес қабатты жаңа үйлер орналасқан бұл аумақ ел ішінде «Бағдаршам» аталып кеткен. Себебі, бірінші берілген үйдің түсі жасыл болған. Ал сары үйдің кілтін тұрғындарға табыстау салтанатына Іле ауданының әкімі Қыдыркелді Медеуов қатысты. Алдағы уақытта қызыл түсті үйді тапсыру жоспарда тұр. Бұл жөнінде аудан әкімі: «Дағдарысқа қарамай біздің жас мемлекетіміз даму үстінде. Осы жылы ауданымызда жақсы жаңалық көп болды. Оқу жылының басында Боралдай мен Жәпек батыр ауылында жаңа мектептер ашылды. Келер жылы 9 жалпы білім беру нысанының құрылысы қолға алынбақ. Ақши ауылында жаңа балабақша салынып, балақайларды қабылдады. Ауданда бүлдіршіндерді балабақшамен қамту 80 пайыз көрсеткішке жетіп отыр. Жаңа үйлер салынуда. Кезегі келген тұрғындар баспаналы болып, қуаныштары еселене түсті. Мұның бәрі Елбасының «Нұрлы Жол» бағдарламасының аясында іске асып отыр. Алдағы уақытта да тынбай еңбек ететін боламыз, – деді.

Аудандық тұрғын үй және коммуналдық-шаруашылық бөлімінің басшысы Арман Қамалбек бұл үй «E-gov» порталының конкурсына өтініш білдірген жас отбасыларға берілгенін айтты. Байқау талабы бойынша бәрі ашық жарияланған. Жоғары бал жинаған отбасылар баспанаға қол жеткізген. Алдағы уақытта да бұл өңірде халықты баспанамен қамтамасыз ету жалғаса бермек.

Мақпал МЫСА .
Іле ауданы.

Баспасөз – 2017

Жетісу Жетісу Жетісу Жетісу

Журналистикалық шеберлік мектебі



Уәлихан ҚАЛИЖАН,
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы.

«Жетісу» газеті оқырманға ертеден етене таныс. Халықтың жансерігі болған басылымда алғашқы еңбек жолымды бастағаным әлі есімде. Газет ұжымы жассың деп жасытқан жоқ. Қайта журналистикаға деген ынта-жігерімді арттырып, ақпарат әлемінде аяғымнан тұрғызды. Қаз-қаз басқан қаламыма қанат бітіріп, келешегіме мақсаты айқын жол салып берді.

«Жетісу» газетінде қызмет істеген жеті жылым жемісті болды. Ең бастысы, мен дәл осы жерде журналистиканың үлкен мектебінен өттім. Бір қазанда қайнаған ұжымнан береке-бірлік арылмайтын. Шығармашылық адамдары шырт етпе, эмоциясын жасыра алмайтын, өр мінезді келеді ғой. Мұндай жерде тіл табысу қиынға соғады деп ойлайтынмын. Бірақ «Жетісу» ұжымы маған татулықтың үлгісін көрсетті. Содан болар, бір жағадан бас шығарған ұжымда күн емес, сағат санап өзекті мақалалар туып жататын. Сол үрдістің әлі үзілмей келе жатқанын бүгінгі «Жетісуға» қарап тағы байқаймын.

«Жетісу» газеті аты облыстық болғанмен заты бүкіл республиканы қамтиды. Қазіргі таңда облыстық басылымдардың арасында ең таралымы көп газет те осы. Тіпті, таралымын былай қойып, мазмұны мен тақырыптарын таразыласақ та өзге ақпарат құралдарынан оқ бойы озық тұр. Қайталап айтамын, «Жетісуда» журналистиканың өзіндік мектебі бар. Сол мектеп маған өмірлік тәжірибе сыйлады. Кейіннен министрлікте, бірнеше республикалық басылымдарда басшылық қызметте жүргенімде «Жетісуда» алған тәжірибемді пайдаландым. Ата басылымнан бүгінде қол үзген жоқпын. Әр бетінде, әр мақалада салмақты ой жатады. Бізге ұлтжанды ұрпақ өсіру қажет. Ал бұл жағынан қашанда ұлттық мүдде тұрғысынан жазатын «Жетісу» газетінің мәртебесі биік деп санаймын.

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

Ілияс Жансүгіров пен Сәкен Сейфуллиндей, Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезовтей Алаш арыстарының қолтаңбасы қалған «Жетісу» газетіне жазылу басталды. Аптасына үш мәрте ақжолтай ақпарат арқалап, әр шаңырақтың табалдырығын аттайтын абыз басылымның халықпен бірге келе жатқанына 99 жылға аяқ басты. Газет тәуелсіз елдің ертеңі үшін тер төгіп, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды терең зерттейді. Ендеше, 2017 жылды тағы да жаныңызға жақын «ЖЕТІСУМЕН» БІРГЕ ӨТКЕРІҢІЗ, ОЙЛЫ ОҚЫРМАН!

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға		12 айға	
			қала	ауыл	қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08	8652,96	9272,16
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36	5699,52	6318,72
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76	5944,32	6563,52
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60	6192,00	6811,20

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, балама жазылып, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, онда:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3250	6500
2.	Зейнеткерлер үшін	1800	3600
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1900	3800
4.	Жалпы жеке жазылу	2100	4200

«Жетісу» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3000	6000
2.	Зейнеткерлер үшін	1500	3000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1600	3200
4.	Жалпы жеке жазылу	1700	3400

ҮЛГІЛІ АУЛА

ТАЗАЛЫҚ татулықтан басталады

2011 жылы Талдықорғанның Тәуелсіздік көшесінде орналасқан 91/95 нөмірлі үйге тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету бағдарламасы бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оған дейін аталмыш шаңырақтың шатыры тесіліп, қабырғасы шытынап, күйреген күйде болған еді. Сөйтсек, көне үйге 34 жыл бойы жөндеу жұмыстары жүргізілмепті. Ал бүгінде үйдің келбеті сәнді. Осы арада «Арна-Н» пәтер иелері кооперативінің төрайымы Нәзигүл Рахымбекованың атын ерекше атап өтуге болады. Тұрғындар татулығын сақтап, тазалық үшін жанын салып жүрген жанның жұмысы да жемісті.

Құралбек СӘБИТОВ



Тұрғындар тозығы жеткен үйден үрейленгендерін жасырмайды. Нәзигүл Рахымбекова бастаған үй жанашырлары жөндеу жұмыстарының керектігін жергілікті әкімдікке құлағдар еткен. Жанайқай ескеріліп, жалпы жөндеу жұмыстары басталған. Құрылысты бастамас бұрын қалалық әкімдік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы өкілдері мен құрылысшы мердігерлер тұрғындармен тілдесіп, жаңғырту бағдарламасының негізін түсіндірген. Күрделі жөндеу оңайға соқпады. Ол үшін «Арна-Н» кооперативімен айтарлықтай дайындық жұмыстары жүргізіліп, бірлесіп иелену және мүлікті басқаруға тіркелу қажет болды. Бағдарлама объектісін басқару мекемесі, бас мердігер және пәтер иелері арасында үшжақты келісім жүргізілді. Құрылыс жұмыстарының қабылдауы және орындалған жұмыстардың актісіне қол қою келісім өкілдерімен жүргізілген.

Күрделі жөндеу жұмыстарына мемлекет тарапынан қаржы қайтарымды негізде бөлініп, 7 жыл уақытқа есептеліп берілді. Жұмыс басталып, алғашқы күш шатыр жөндеуге жұмсалды. Үйдің шатырынан және жертөледен қоқыс шығарылды, пеш жабдығы және су ағатын жүйелер жөнделді. Күрделі жөндеуден барлық инженерлік жүйелер өтті. Сондай-ақ, толық қалпына келтіру жұмыстары, су, жылу жүргізу құбырлары, жылу беру энергиясын үнемдейтін жеке бөлмедегі есепке алу құрылғылары мен жылу беру тораптары орнатылды. Жаңа жарықтандыру шамдары қойылды, жертөледегі және кіреберістегі пластикалық терезелер толығымен ауыстырылды. Жүйелі жұмыс үйдің жағдайын толық жасап, сәнін кіргізіп, көрікті етті. Қуанышқа бөленген тұрғындар жергілікті әкімдікке шексіз алғыстарын жеткізіп, шаттыққа бөленген болатын. Міне, содан бері бес жыл артта қалды. Жаңартылған үйдің қазіргі келбеті көз қуантады. Таза аула, жаңа үй тұрғындардың татулығынан хабар беретіндей. Бастаған істі тастамай, соңына жеткізе білген Нәзигүл Рахымбекова нәтижелі істің жемісін көріп, қуанышқа бөленуде. Иә, бұл қайсар жанның жеңісі. Ол өз сөзінде:

– Қазіргі таңда біз тұратын үй қаладағы әдемі де таза үйлердің санатына енді. Бұл біз үшін үлкен қуаныш. Әрине, оның бәрі тұрғындар татулығы мен ауызбіршіліктің нәтижесі. Жаңа үй жанымызды қуанышқа бөлейді. Ауламызды жиі тазалаймыз. Онда балалар ойнайтын жаңа алаңқай салынған. Салық бойынша қарызымыз жоқ. Айлық тұтыну қаржысын жазатын арнайы кітапшам бар. Тұрғындар да тұрақты төлеуге әбден дағдыланған. «Талдықорған бақ қала» жобасы бойынша да жұмыстарымыз жемісті. Барлық тұрғын бірауыздан тазалықты қолдап, санитарлық жұмыстарға толық қатысады. Біздің үйдің бір ерекшелігі, тұрғын үй қоры бар. Қорға ақша салу да жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Үй жағдайын бұдан да жоғары деңгейге жеткізу – менің мақсатым.

Қала күніне орай облыс орталығында қалыптасқан дәстүр бойынша жыл сайын байқаулар өтеді. Биыл да бұл үрдіс үзілмей жалғасын тапты. Байқау қорытындысы бойынша үлгілі аула құрып, көптің назарын бұрып, тазалық пен тиянақтылықты алға қойған Нәзигүл Рахымбекова «Үздік ПИК» болып танылды. Қала әкімінің қолынан арнайы Алғыс хат алып, мерейге бөленді. Бұл жақсылыққа жаны жақын жанның бірінші жеңісі емес. Осының бәрі зейнеткердің жас күнінен бергі адал еңбегінің нәтижесі. Жақсылыққа бастама болған жанның еңбегі қашанда елеулі.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

КЕҢЕСТІ ЖЕРДЕ КЕМДІК ЖОҚ

«Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалының мәжіліс залында «Нұр Отан» партиясының жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық Қоғамдық кеңес отырысы өтті.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Басқосуға өңірімізге арнайы іссапармен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қуаныш Айтаханов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Василий Олейник, «Нұр Отан» партиясының орталық аппараты партиялық бақылау департаментінің басшысы Нұрлан Баймырзаев қатысты. Жиынды ашып жүргізген Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов алдымен отырыстың мән-жайын айтып өтті. Бірінші болып сөз сөйлеген «Нұр Отан» партиясының жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық Қоғамдық кеңес мүшесі Қуаныш Айтаханұлы: «Жалпы облыста мемлекеттік «Нұрлы Жол» бағдарламасының орындалуына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі іс-шараларға байланысты қандай жұмыстар атқарылып жатқанын көру үшін келіп отырмыз», – дей келе бірнеше нысандар мен аудандарды аралап, халықтың тыныс-тіршілігімен таныспақ ниеттерін жеткізді. Сондай-ақ, барлық басқармалар мен департамент басшыларының, қызметкерлерінің тарапынан туындаған ұсыныстарды қағазға түсіріп, жинақтап беруін сұрады және көңілге қонымды пікірлердің ескерусіз қалмайтындығын алға тартты.

Василий Иванович пен Нұрлан Жәленұлы да берілген тапсырманы бірлесе орындауға шақырды. Ал облыстық мәслихат депутаты Ызғарбек Бектұрсынов өңірімізде көптеген нысандар бой көтеріп, автожолдар сапасының жақсарып келе жатқандығын тілге тиек етті. Алайда сапасы сын көтермейтін ғимараттардың тұрғызылып жатқандығы «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңындағы олқылықтардың есебінен екендігін айтты.

– Нысанның жобасын мемлекеттік сараптама бекітеді, содан кейін сатып алушылар оның бағасын төмендетеді. Сөйтіп барып құрылыс өз деңгейінде жүрмей жатады. Соның құнын өзгертілмейтіндей етіп жасаған жөн шығар, – деді Ызғарбек Бектұрсынов.

Ендігі кезекте депутаттар ел ішін аралап, түйткілді мәселелерді шешуге септігін тигізбек ниетте. Соған орай «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында жасалынып жатқан жұмыстар тексеріліп, жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасу барысы қаралатын болады.

УӘДЕ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Талдықорған қаласында екі жылдан бері құрылыс жұмысы тоқтап тұрған бес тұрғын үйдің шаруасына «Нұр Отан» партиясы белсене араласқалы мәселенің мәні айқындала бастады. Өткенде: «Құрылысы тоқтап тұрған көпқабатты үйлердің жұмысы жыл соңына дейін қайта жанданатын болды», – деген жақсы хабарды естіген едік. Алайда, жұмыстың басталар түрі жоқ. Ал 2013 жылы басталып, биыл пайдалануға беріледі деген Алматы – Талдықорған автожолының жұмысы келесі жылдың соңында аяқталатыны мәлім болды. Есесіне, бұл нысандардағы кемшіліктер республикалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңестің күн тәртібіне шығып отыр. Осыған орай Парламент Сенатының депутаты Қуаныш Айтаханов пен Парламент Мәжілісінің депутаты Василий Олейник, «Нұр Отан» партиясы орталық аппараты партиялық бақылау департаментінің басшысы Нұрлан Баймырзаев облысымызға арнайы келіп, аталған нысандарды аралап, тиісті мекеме басшыларынан мән-жайды сұрастырып, оны шешудің жолын ақылдасты.

Қажет АНДАС

Еске сала кетейік, «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы аясындағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын нығайту, сумен және жылумен жабдықтау желісін жаңғырту мәселелері бойынша жалпы көлемі 18 094 шаршы метр 5 үйдің құрылысы өткен жылдың маусым айында басталып, жылдың аяғында пайдалануға берілуі керек еді. Бұл үйлерді салудағы «Бәйтерек девелопмент» АҚ-ның тапсырысын «ISHEDO Energy» ЖШС алса, техникалық байқауға «Building consulting company» ЖШС, ал авторлық қадағалау міндетіне «Оркен-Проект 2008» ЖШС жауапты болған. Өкініштісі, мердігер компания өз жауапкершілігін орындау былай тұрсын, алдын ала алып үлгерген қаржыны қайтармай, аяғы арыз-шағым мен дауға ұласқан. Ұзаққа созылған даулы іс сот арқылы шешімін тауып, мердігер мекемеге қатысты 6 сәуірде сот шешімі шығарылды. Сонымен бес үйдің ендігі жауапкершілігі түгелдей «Бәйтерек девелопмент» АҚ-ның меншігіне берілді.

Алайда, құрылысты қайта бастауға орай жобаның құнын қайта қарау барысында еншілес компаниялар «Бәйтерек девелопмент» АҚ мен «Қазақстан ипотекалық компаниясы» арасында келіспеушілік туындап, құрылыстың тағы да қаңтарылып тұруына себеп болды. Облыстың әкімдік өкілдері еншілес екі компания басшыларының басын қосып, бірнеше рет кездесу өткізгенімен пікір бірлігіне келе алмаған. Таңданарлығы, депутаттар алдында да «Бәйтерек девелопмент» АҚ басқарушы директоры Асқар Дүйсенбеков пен «Қазақстан ипотекалық компаниясының» өңірлік төрағасы Алмас Әбішев та өз пікірлерін жақтап, келісімге келетін ынғай танытпады. Депутаттар бұл мәселені Парламент қабырғасында қарап, оңтайлы шешім шығару керек деген ұйғарымға тоқталды. Ал облыс және облыстық басқарма басшылары халық қалаулыларынан бұл үйлерді «Бәйтерек девелопмент» АҚ-ның меншігінен шығарып, облыстың құзырына өткізіп беруге ықпал етуін өтінді. Егер құрылысқа қажетті қаржы облыстық бюджетке қайтарылса екі жыл бойы тоқтап тұрған үйлерді бір жылдың ішінде иесіне тапсырамыз деген сенім білдірді.

Халық қалаулылары келесі кезекте Алматы – Өскемен күрежолының жағдайымен танысып шықты. Расында, қаладан шығаберіс қақпадан Балпық би кентіне дейінгі 18 шақырым жол тұрғындардың масасын қашырды. Әсіресе, көлік жүргізушілер үшін Бақтыбай ауылынан Теректі ауылына жеткенге дейінгі жолдың қиындығы өзгеше. Мердігер компания «Корпорация прогресс» ЖШС-нің қолға алуымен 2012 жылдың соңында басталған жол құрылысы бітпей-ақ қойды. Осы мәселені алға тартқан жауапты мекеме мен мердігер компания өкілдерінен бұл жұмыстың қашан бітетінін сұрады. «ҚазАвтожол» Ұлттық компаниясы облыстық филиалының мамандары жыл соңына дейін жолдың негізгі бөлігін аяқтап, тапсыратынына сендірді. Ал Бақтыбай мен Балпық би ауылдарының ауылішілік жол құрылысын келесі жылы толық аяқтамақ. Бірақ тексеріс барысында кейбір жоспарсыз ойластырылған жобалардың бар екендігі де белгілі болды. Әсіресе, Балпық би ауылының ортасынан кесіп өтетін жолдың қазіргі қалпында қалатындығы көп қиындышылық тудыратыны белгілі.

Тексеріс жұмысын қорытындылаған депутат Қуаныш Айтаханов та осы мәселеге тоқтала келіп:

– Алматы – Талдықорған автожолының бойындағы Балпық би мен Бақтыбай ауылдарының арасындағы биыл бітетін жол келесі жылға қалдырылып отыр. Мұның өзі жауапсыздық пен халықпен келіспеудің салдарынан туындап отыр. Сметалық жоспар жасалған кезде тұрғындармен келіспеген, тіпті, нақтылы жағдайдың толық зерделенбегені көрініп тұр. Мұның салдарынан қаншама қаржының желге ұшып жатқанын есептей беріңіз. Егер азаматтар өз жауапкершілігін терең ойластырғанда мұндай қиындышылық орын алмас еді, – деді ол.

Иә, уәде орындалуымен құнды. Қатысты мекеме өкілдерінің айтқанына көп сене бермесек те бұл іске «Нұр Отан» партиясы өкілдері мен халық қалаулыларының шындап кіріскеніне қарап, нәтижелі жұмыстың өрістейтініне сеніп қайттық.

2016 жылдың қазан айында Алматы облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік-құқықтық актілерінің тізбесі

№	НҚА реквизиттері	НҚА атауы	Әділет органдарында тіркелген күні	Мемлекеттік тіркеу нөмірі	Реттеу саласы
1	Қаратал ауданы	«Қаратал ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы»	29.09.2016	3970	Салық заңнамасы
2	Іле ауданы ҚазЦИК ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 3 шешімі	«ҚазЦИК ауылдық округінің ҚазЦИК ауылындағы жаңа көшелерге атау беру туралы»	29.09.2016	3971	Құрылыс және архитектура
3	Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 439 қаулысы	«Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қыркүйектегі «Автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» № 426 қаулысына өзгерістер енгізу туралы»	29.09.2016	3972	Мемлекеттік басқару негіздері
4	Сарқан ауданы мәслихатының 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 9-42 шешімі	«Сарқан ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы»	29.09.2016	3973	Әлеуметтік заңнамасы
5	Сарқан ауданы мәслихатының 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 9-44 шешімі	«Сарқан ауданында мүгедектер катарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы»	29.09.2016	3974	Әлеуметтік заңнамасы
6	Сарқан ауданы мәслихатының 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 9-46 шешімі	«Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы»	29.09.2016	3975	Әлеуметтік заңнамасы
7	Сарқан ауданы мәслихатының 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 9-45 шешімі	«Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға және тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға біржолғы ақшалай өтемақы белгілеу туралы»	29.09.2016	3976	Әлеуметтік заңнамасы
8	Сарқан ауданы мәслихатының 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 9-43 шешімі	«Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы»	29.09.2016	3977	Әлеуметтік заңнамасы
9	Жамбыл ауданы Ұзынағаш селолық округі әкімінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 9-506 шешімі	«Ұзынағаш ауылындағы жаңа көшеге атау беру туралы»	11.10.2016	3978	Құрылыс және архитектура
10	Алакөл ауданы мәслихатының 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 7-1 шешімі	«Алакөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы»	11.10.2016	3979	Әлеуметтік заңнамасы
11	Талғар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 09-581 қаулысы	«Талғар ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы»	12.10.2016	3980	Білім саласы
12	Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 473 қаулысы	«Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру және жою орындарын айқындау туралы»	12.10.2016	3981	Экология
13	Талдықорған қаласы мәслихатының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 49 шешімі	«Талдықорған қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы»	18.10.2016	3982	Әлеуметтік заңнамасы
14	Ескелді ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 281 қаулысы	«Ескелді ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы»	20.10.2016	3983	Білім саласы
15	Алакөл ауданы Ақтүбек ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 09 шешімі	«Ақтүбек ауылдық округінің Ақтүбек ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы»	20.10.2016	3984	Ветеринария

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ШЕШІМІ

Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы «Алматы облысының 2016 – 2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №51-287 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

2016 жылғы 20 қазан
Талдықорған қаласы **№9-49**

Облыстық әділет департаментінде
2016 жылғы 26 қазанда 3986 нөмірімен енгізілді.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 108–бабының 4–тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6–бабы 1–тармағының 1) тармақшасына және «2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы №972 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 8 қазандағы №579 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы «Алматы облысының 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №51-287 шешіміне (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 22 желтоқсанында №3631 тіркелген, 2016 жылғы 9 қаңтардағы №3 «Огни Алатау» және «Жетісу» газеттерінде жарияланған), Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы 27 қаңтардағы «Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы «Алматы облысының 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №51-287 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №54-298 шешіміне (нормативтік -құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 5 ақпанында №3691 тіркелген, 2016 жылғы 23 ақпандағы №24 «Огни Алатау» және «Жетісу» газеттерінде жарияланған), Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы 16 наурыздағы «Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы «Алматы облысының 2016 – 2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №51-287 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №57-305 шешіміне (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 24 наурызында №3757 тіркелген, 2016 жылғы 5 сәуірдегі №39 «Огни Алатау» және «Жетісу» газеттерінде жарияланған), Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 мамырдағы «Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы «Алматы облысының 2016 – 2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №51-287 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №2-15 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 17 мамырында №3832 тіркелген, 2016 жылғы 2 маусымдағы №62 «Огни Алатау» және «Жетісу» газеттерінде жарияланған), Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы 15 шілдедегі «Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы «Алматы облысының 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №51-287 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 7-39 шешіміне (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 20 шілдесінде №3903 тіркелген, 2016 жылғы 28 шілдедегі №83 «Огни Алатау» және «Жетісу» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 340 499 214 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша 32 832 922 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша 2 733 261 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша 12 430 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша 304 920 601 мың теңге;
2) шығындар 336 851 903 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу 12 345 814 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер 14 476 071 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу 2 130 257 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 6 104 321 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу 6 104 321 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) (-) 14 802 824 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 14 802 824 мың теңге.»;

7- тармақтағы:
«96 005 136» саны «104 443 489» санына ауыстырылсын;
«8 979 433» саны «9 133 595» санына ауыстырылсын;
«44 238 931» саны «44 392 475» санына ауыстырылсын;
«447 986» саны «439 848» санына ауыстырылсын;
«6 215» саны «8 291» санына ауыстырылсын;
«қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін терендете қайта өңдеп өнімдер өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға 984 446 мың теңге» деген жолдан кейін келесі жолдармен толықтырылсын:
«инвестициялық салымдар кезінде агрохимкәсіптік кешен субъектісі шекken шығыстардың бір бөлігін өтеуге 2 853 173 мың теңге;
мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға 3 977 350 мың теңге;»;
«агрохимкәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеберінде субсидиялауға 31 860 мың теңге;
агрохимкәсіптік кешен саласындағы дайындауға ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға 71 400 мың теңге;» деген жолдар алынып тасталсын;
«1 719 347» саны «1 692 602» санына ауыстырылсын;
«26 701 523» саны «27 652 342» санына ауыстырылсын;
«қаңартылатын энергия көздерін пайдаланды қолдауға 10 020 мың теңге;» деген жол алынып тасталсын;
«34 429» саны «23 874» санына ауыстырылсын;
«187 947» саны «393 834» санына ауыстырылсын;
«2 379 352» саны «2 679 352» санына ауыстырылсын;

8- тармақтағы:
«42 504 574» саны «42 685 339» санына ауыстырылсын;
«24 271 871» саны «23 582 555» санына ауыстырылсын;
«5 723 614» саны «6 298 788» санына ауыстырылсын;
«1 939 116» саны «2 234 023» санына ауыстырылсын;

13- тармақтағы:
«321 879» саны «311 904» санына ауыстырылсын;

14- тармақтағы:
«15 127 990» саны «14 218 306» санына ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

3. «Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына (келісім бойынша Сатыбалдина Н.Т.) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және облыстық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың «Бюджет, тарифтік саясат және заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша» тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілсін.

Алматы облыстық мәслихат сессиясының төрағасы Ы. БЕКТҰРСЫНОВ.

Алматы облыстық мәслихатының хатшысы С. МҰҚАНОВ.

Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы 20 қазандағы «Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы «Алматы облысының 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №51-287 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №9-49 шешіміне қосымша

Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы «Алматы облысының 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №51-287 шешіміне бекітілген 1- қосымша

Алматы облысының 2016 жылға арналған облыстық бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сынып				
Ішкі сынып				
		Атауы		
1		Кірістер		340 499 214
	1	Салықтық түсімдер		32 832 922
	01	Табыс салығы		16 481 451
	2	Жеке табыс салығы		16 481 451
	03	Әлеуметтік салық		14 908 901
	1	Әлеуметтік салық		14 908 901
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар		1 442 570
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер		1 442 570
2		Салықтық емес түсімдер		2 733 261
	01	Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер		154 119
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		34 000
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар		6 730
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақы		113 389
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар		2 386 401
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер		192 741
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер		192 741
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер		12 430
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату		12 430
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату		12 430
4		Трансферттердің түсімдері		304 920 601
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер		66 703 992
	2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер		66 703 992
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		238 216 609
	1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер		238 216 609

Функционалдық топ				Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
							II. Шығындар	336 851 903
01							Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 845 333
	1						Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	3 681 319
		110					Облыс мәслихатының аппараты	65 231
			001				Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	64 306
				003			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	925
		120					Облыс әкімінің аппараты	3 335 563
			001				Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 094 234
				004			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	394 901
				007			Бюдеттік басқыларды мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	695 476
				009			Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	21 236
			013				Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	129 716
		282					Облыстың тексеру комиссиясы	280 525
			001				Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	280 525
2							Қаржылық қызмет	319 974
		257					Облыстың қаржы басқармасы	283 825
			001				Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	127 355
			009				Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	35 500
		013					Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 970
		028					Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	117 000
		718					Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы	36 149
			001				Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35 799
				003			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	350
5							Жоспарлау және статистикалық қызмет	1 732 543
		258					Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	1 732 543
			001				Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	222 836
				005			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 404
				113			Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 505 303
9							Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	111 997
		269					Облыстың дін істері басқармасы	111 997
			001				Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40 440
				003			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	505
				005			Өңірде дінге ықуалды зерделеу және талдау	71 052
02							Қорғаныс	1 001 851
	1						Әскери мұқтаждар	61 094
		120					Облыс әкімінің аппараты	61 094
			010				Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	35 786
	2						Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	940 757
		120					Облыс әкімінің аппараты	49 500
			014				Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	49 500
		287					Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	891 257
			004				Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	608 101
			113				Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	283 156
03							Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	10 412 119
	1						Құқық қорғау қызметі	10 382 546
		252					Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	10 246 479
			001				Облыс аумағында қоғамдық тәртіптті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 809 537
				003			Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	4 410
				006			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 333 838
				013			Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	90 403
				024			Дағдарыстық жағдай кезінде тәртіпті және тұмдырған кезде іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығу жүргізу	8 291
		271					Облыстың құрылыс басқармасы	136 067
		003					Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	136 067
	9						Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	29 573
		120					Облыс әкімінің аппараты	29 573
			015				Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	29 573
04							Білім беру	73 091 230
	1						Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	9 544 079
		261					Облыстың білім басқармасы	8 021 473
			027				Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	8 021 473
		271					Облыстың құрылыс басқармасы	1 522 606
			007				Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттер	1 522 606
	2						Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	33 353 181
		261					Облыстың білім басқармасы	2 630 786
			003				Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 227 661
				006			Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1 187 850
				053			Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	107 147
				069			Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне шұғылық білім беру инфрақұрылымын құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	108 128
		271					Облыстың құрылыс басқармасы	29 522 191
			079				Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	29 493 712
				086			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	28 479
		285					Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 200 204
			006				Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	677 001
			007				Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	523 203
4							Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	8 916 277
		253					Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	442 615
			043				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	442 615
		261					Облыстың білім басқармасы	8 473 662
			024				Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	8 473 662
5							Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	45 378
		253					Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	45 378
			003				Кадрларды біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	45 378
9							Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	21 232 315
		261					Облыстың білім басқармасы	21 232 315
			001				Жергілікті деңгейде білім беру са

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№127 (18259)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 15 қараша, 2016 жыл.

БҮГІН – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ЕЛДІКТІҢ НЫШАНЫ



Мемлекеттің егеменді ел екенін айқындайтын бірден-бір белгі – төл валютасының болуы. Бұл – мемлекеттің нағыз ел болып қалыптасқанының нышаны. Әрине, Ұлттық валютаны енгізу көп күш пен еңбекті талап етті. Десе де еліміз тәуелсіздігін алғанына 2 жыл толар тұста, дәлірек айтсақ, 1993 жылы 15 қараша күні теңгені ресми түрде ақша айналымына енгізді. Демек, бұл күн қазақстандық валютаның дүние есігін ашқан күні болып есептеледі. Міне, содан бергі 20 жылдан астам уақытта төл теңгеміз өзінің өміршеңдігін әйгілеп, елдігіміздің маңызды нышаны ретінде егемендігімізді танытып келеді.

Қажет АНДАС

Өткенге көз жіберсек, ең алғашқы дизайны қалам, калька және тушь арқылы салынып, әрлеушілердің қолынан өткен теңгенің бірінші топтамасы Лондонның Harrison & Sons фабрикасында басылып шығарылғанын білеміз. Оны елге жеткізу үшін тасымалдаушылар 18 әуе сапарын жасаған. Елімізде ақша басып шығаратын өз фабрикамыз 1995 жылы ашылды. Соның арқасында Қазақстан ерекше атаулы күндерде мерекелік банкноттар шығаруға мүмкіндік алды. Бір айта кетерлігі, теңге — жалған ақша жасаушыларға қарсы тұра алатын әлемдегі ең қауіпсіз валюта. Американдықтар теңгенің технологиясына сүйеніп, доллар қауіпсіздігін күшейткен. Тіпті, теңге банкнотасы қатарынан үш рет 2011, 2012 және 2013 жылдары дүниежүзіндегі ең үздік қағаз ақша ретінде танылды. Демек, осындай күрделі де қызықты жолдардан өткен төл теңгеміз бүгінгі еліміздің жарқын келешегін жасаудың басты бағдарына айналуда.

Десе де, төл теңгеміз айналымға түскелі талай қиындықты бастан өткергенін мойындаймыз. Өткен жылдың тамыз айында еркін айналымға жіберілген төл теңгеміздің бағамын енді нарық нарқы анықтайды. Сарапшылардың пікірінше, мұнай экспортына тәуелді Қазақстанның Ұлттық валютасының құнсыздануы әлемдік нарықтағы мұнай бағасының күрт төмендеуіне тікелей байланысты. Бірақ жыл басында 35 долларға дейін құлдыраған мұнай бағасы қазір біршама тұрақтанды. Осыған орай теңгеміз де нығая түсті. Ендеше, бұл жерде мәселе тек әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуіне ғана байланысты емес.

Ұлттық валютамыздың беделіне Қазақстан экономикасының шектен тыс долларланып кетуі де көлеңке түсіруі мүмкін. Төл теңгемізді тұйықтан шығаруда ҚР Ұлттық банкінің ықпалды шаралары мен батыл бастамалары керек. Төл теңгенің туған күніне орай Ұлттық банк өкілдері Алматыда бас қосып, өзара пікір алмасты.

Жиналғандардың айтуынша, теңгеге деген сенім жоғалған емес. Биыл қаңтардан бастап Ұлттық валютада сақталған депозиттердің үлесі 58-ден 70 пайызға дейін артқан. Жеке тұлғалардың 80 пайызы жинақтарын теңгеде сақтауды ұйғарыпты. ҚР Ұлттық банк төрағасының пайымынша, бұл — теңгеге деген сенім мен азаматтардың отансүйгіштік сезімі оянуының белгісі.

Рас, отансүйгіштік отбасынан басталатыны белгілі. Демек, оның бір көрінісі өзіміздің төл теңгемізге деген сенімде жатқанын білеміз. Сондықтан Мәңгілік Ел болу жолында төл теңгенің арқалайтын жүгі аз болмайды. Сан сынақтан сүрінбей өткен Ұлттық валютамыз алдағы уақытта да абыройлы белестеріміздің бағдаршамы бола бермек.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ӨНДІРІС ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ

Ежелден аграрлы өлке болып саналатын Алматы облысында Елбасының стратегиясына сәйкес индустриялды-инновациялық жобалар жүзеге асырылып, халық тұтынатын тауарлар өндіретін кәсіпорындардың қатары көбейіп келеді. Бір ғана Қарасай ауданында 18 ірі өндірістік кәсіпорындар жұмыс істеуде. Олардың 16-сы сапа менеджменті және халықаралық ИСО жүйесінің сертификатын алған.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Іргелі ауылдық округінде орналасқан «Алтын жұлдыз» тігін фабрикасының өнім шығара бастағанына көп бола қоймаса да, қазірдің өзінде тапсырыс берушілердің сеніміне ие болып үлгерген. Сонау 2007 жылы Алматы қаласында шаңырақ көтерген шағын цех алдымен ғимараттарды жалға алып, аз мөлшерде өнім шығарып көрген. Жұмыстары жүре бастағанда өндіріс көлемін ұлғайту мәселесі туындаған. Алматы аумағынан өндірісті дамытуға қажетті жер табу күрделі болғандықтан құрылтайшылар қала іргесіндегі Іргелі ауылына ат басын тіреген.

– Алдымен төрт адамнан бастаған кәсібіміз қанат жая бастағаннан кейін азды қанағат тұтпай, болашақта атқарылар жұмыстарды есепке ала отырып бір гектар жер сатып алдық, – дейді кәсіпорынның құрылтайшысы Жанат Алтынхадис. – Содан кейін ғимараттың құрылысын қолға алдық. Екі жыл ішінде құрылыс жұмыстары аяқталып, 2015 жылдың наурыз айында 7500 шаршы метр аумағы бар фабрика пайдалануға берілді. Содан бері тапсырыс бойынша арнайы киім тігумен айналысып келеміз.

Тігін цехтары, қоймалар, өзге де әлеуметтік құрылымдары бар еңселі ғимарат алыстан көзге шалынады. Ішкі жайлылықтарымен қоса кәсіпорынның сыртқы әсемдігіне көңіл бөлген өндіріс иелері ауланы әрлендіріп, жүк тиейтін көліктердің кіріп-шығар жолына дейін мұқият ойластырып қойыпты. Ал, ғимарат ішінен тазалық пен реттілік аңғарылады.

Біз келгенде тігін цехында қызу жұмыс жүріп жатты. Қаз-қатар қойылған 200 тігін машинасының тетігін меңгерген қыз-келіншектер бөгде адамдарға көңіл аудармай, өз жұмыстарымен айналысуда. Киім пішетін үлкен үстел айналасына топтасқан жас қыздар тәлімгердің айтқан сөзіне құлақ қойыпты.

– Біз Алматыдағы сән және дизайн колледжімен ынтымақтастық орнатқанбыз, – дейді Жанат Алтынхадис. – Олардың 2 және 3-курс студенттері өндірістік тәжірибесін біздің кәсіпорында өтеді. Істеген жұмыстарына қарай жалақысын төлейміз. Әрине, оларды жатақханадан алып келу-апару, түскі астары мекеме есебінен. Себебі, кәсіпорынға жақсы мамандар ауадай қажет. Оқулары аяқталғаннан кейін колледж бітірген жастардың көбі бізде жұмыстарын жалғастырады.

Фабрика әзірге үлкен фирмаларда еңбек ететін адамдар үшін арнайы жұмыс киімдерін тігуді жолға қойған. «Тапсырыс берушілерден тапшылық көріп отырғанымыз жоқ», – дейді өндіріс иелері. Мысалы, бүгінгідері «Ақтөбе CNPC», ақтаулық «MMJ» мұнай кәсіпорнының, «Астана ЭХРО» және «Арабшек» компанияларының қысқы жұмыс киімдерін тігумен айналысып жатыр. Сонымен қатар кәсіпорын тапсырыс берушінің қалауына қарай қыстық қолғаптар, шұлықтар, басқа да киімдерді дайындап бере алады.

– Өзге де өнімдер шығару жоспарларыңызда бар ма? – деген сауалды көлденең тартқанбыз. – Мысалы, түрлі азаматтық костюмдер, сәнді көйлектер, қыстық пальтолар тіге аласыздар ма?

– Әрине, аталған бағыттағы өнімдер шығару болашақ жоспарымызда бар. Алайда, ол үшін өте тәжірибелі мамандар қажет. Тұтынушыларға ұнайтын тауар шығару үшін ең алдымен оның сапасы жақсы болуы керек емес пе? Ал біз жаңадан құрылған кәсіпорын болғандықтан тігіншілеріміздің шеберлігі әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Жалпы, маман тапшылығы сезілуде. Мысалы, біздің цехтарымызда 200-ге жуық тігін құрылғысы қойылғанымен қазір өндірісте 75 адам еңбек етіп жатыр. Алматыдан келіп істегісі келетіндердің қатары көп емес. Сондықтан Кемертоған ауылында үйлерінде бос отырған қыз-келіншектерді жұмысқа шақырып, оларды үйретумен біздің тәжірибелі шеберлер айналысып келеді. Тек үйренгендері үшін ғана айына 20 мың теңге төлейміз. Осылайша, өзімізде тұрақты еңбек ететін тігіншілер қатарын көбейтіп, шеберлігін қажетті деңгейге көтеріп алсақ, бұдан да күрделі өнімдер шығаруды жолға қою жоспарымызда бар.

«Алтын жұлдыз» тігін фабрикасы болашаққа бағдарланған кәсіпорын екенін оның ішін аралаған кезде аңғарғанбыз. Мұнда бүгіндері жұмыс істеп тұрған цехтармен қатар баскиім, аяққиім тігетін қондырғылар орнатуға арналған үлкен бөлмелер сақадай сай тұр. Сонымен қатар, болашақта ұлттық салт-дәстүрді дамытуға үлес қосатын шеберхана ашу көзделуде. Үзіліс кезінде демалатын орын, ауысым аяқталғанда жуынатын бөлме де талаптарға сай жабдықталған. Осындай жаңадан ашылып, қанатын кеңге жайып келе жатқан кәсіпорындардың арқасында елімізде кенжелеп қалған жеңіл өнеркәсіп өркен жайып, әсіресе әйелдер қауымы еңбекпен қамтылмақ.

Қарасай ауданы.





Суреттерді түсірген автор.

СЕЛЕКТОР

Тоғыз облыс аусылдан таза

Үкімет басшысы Бақытжан САҒЫНТАЕВ кезекті селекторлық жиынын өткізді. Онда ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, инвестициялық ахуалды жақсарту, келесі жылы Алматы қаласында өтетін 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиадаға дайындық мәселесі қаралды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен ҚР Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов ветеринарлық саланы жақсарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады. Соның ішінде әсіресе малға қажет дәрі-дәрмектермен, сала мамандарымен, ветеринарлық пункттерді құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесіне баса көңіл бөлінді. Ауру малдың өлекселері көмілген ошақтарды қоршау мен әртүрлі жұқпалы аурудың алдын алу мақсатында қолға алынып жатқан іс-шаралар да сөз болды. Қайрат Қапарұлы әсіресе жаз мезгілінде таралатын қауіпті аурулардың көбі негізінен орталық пен өңірлер арасында үйлестірудің болмауынан орын алатынын атап өтті. Осы ретте министрлік бірқатар шара қабылдаған. Әкімдіктермен бірге жыл соңына дейін вакциналау, сәйкестендіру және диагностикалық зерттеулер бойынша қабылданған іс-шараларды күшейту бағытында бірлескен жобалары бекітіліпті.

Нәтиже жаман емес. Мәселен, бірінші қарашадағы жағдай бойынша адамдар мен жануарлардың бруцеллезбен ауруы былтырдың осы кезеңімен салыстырғанда қырық пайызға төмендеген. Бұған қоса, қолға алынған нақты іс-шаралардың арқасында жануарлар мен адамдардың ауру жұқтыруы азайған. Мұндай жұмыстар алдағы жылы да жалғаспақ. Сондай-ақ, халықаралық эпизоотикалық бюроның шешімімен республиканың тоғыз облысының аумағы ресми түрде вакциналасыз аусылдан таза аймақ болып танылыпты. Олар Ақмола, Атырау, Ақтөбе, БҚО, Қарағанды, Қостанай, СҚО, Павлодар және Маңғыстау облыстары. Қалған бесеуі бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып, нәтижесінде келесі жылы Қазақстан аусылдан таза аймақ атануы мүмкін.

Осыған байланысты Үкімет басшысы ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүргізіліп жатқанын, десек те жоспарланған іс-шараның бәрі бірдей орындалмағанын сөз етіп, Қайрат Қапарұлына ветеринарлық қызметтердің жұмысын бақылауды күшейтуді және мал қорымдары мен сібір жарасымен ауырған малдардың қорымдарын Мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етуді және жоспарланған мерзімге дейін Қазақстанның бес облысының вакциналамен аусылдан азат аймақ мәртебесін алуы үшін жұмыс жүргізуді тапсырды.

Екінші мәселе жөнінде сөз еткен ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек биыл елге тікелей инвестициялар ағымы артқанын мәлім етті. Мәселен, бірінші жартыжылдықта тікелей шетелдік инвестициялар ағымы 25,8%-ға артып, 9,3 млрд. долларды құраған. Бұған қоса, инвестициялардың 60%-ға жуығы тау-кен өнеркәсібі және геологиялық барлауға, 15% – өңдеу саласына, 9% – саудаға және 5% құрылысқа тиесілі екен. Сонымен бірге министр салалық мемлекеттік органдармен, облыс әкімдіктерімен және ұлттық компаниялармен бірлесіп, 2017 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін өңірлер мен салалар тұрғысынан алғанда тауашалы жобалар тізімін әзірлеп, оларды халықаралық стандарттарға сай рәсімдеу жоспарда бар екенін және Қазақстан ЭЫДҰ-ның инвестициялар жөніндегі комитетіне енуі мүмкін екендігін мәлім етті.

Бұдан соң Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек келесі жылы өтетін Бүкіләлемдік қысқы универсиадаға дайындықтың өз деңгейінде жүріп жатқанын баяндады. Жиын соңында Бақытжан Әбдірұлы халықаралық инвесторлармен жұмысты тиімді жүргізуді және «Универсиада – 2017-ге» дайындықты одан әрі күшейтуді жүктеді.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

СОТ ЖҮЙЕСІ өрісті дамуда 2-бет

НҰРҒИСАДАН бата алған 3-бет

ТӘУЕЛСІЗДІК – тірегім 4-бет

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ЖЕМІСТІ ЖҰМЫСТАР жалғасуда

Қаратал ауданы — Жетісу өлкесіндегі өркені өсіп, экономиканың әр саласында ілкімді істер қанат жайып келе жатқан іргелі өңір. Аудан жұртшылығы ел мүддесі жолында аянбай еңбек етіп, киелі жердің көркеюіне елеулі үлес қосып келеді. Жұрт игілігі үшін жаңа ғимараттар салынып, жолдар төселіп, тындырымды істер атқарылып жатыр.

Ауданымызда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қ. Айтаханов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты В. Олейник, «Нұр Отан» партиясының орталық аппараты партиялық бақылау департаментінің басшысы Н. Баймырзаев, «Нұр Отан» партиясы орталық аппаратының ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің инспекторы Ж. Қалтаев, облыс әкімінің орынбасары Ғ. Әбдірайымов, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғ. Сарыбаевтар болып, «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында Үштөбе қаласында салынып жатқан 320 орынды балабақша құрылысымен танысты. Бас мердігер «TOLAGAI-2050» ЖШС жүргізіп жатқан құрылысқа Ұлттық қордан жалпы құны 738, 9 млн. теңге қаражат бөлінген. Екі қабатты нысан жуырда пайдалануға берілмек.

Алдымен «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының желілік кестесіне сәйкес штабта саяси кеңес бюросының отырысы өтті. Отырысты «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Қайрат Бисембаев ашып жүргізді. Облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ғ. Сарыбаев, аудандық партия филиалының саяси кеңес бюросының мүшелері, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, аудандық бөлім басшылары қатысқан отырыста фракция жанындағы «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша комиссия мүшелерінің есептері тыңдалды. «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында салынып жатқан балабақша құрылысының жұмысы туралы аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Д.Ұзақбайдың есебі тыңдалып, балабақша құрылысын жүргізіп отырған мердігер компания басшыларына балабақша құрылысын сапалы аяқтау туралы тапсырма берілді.

Сондай-ақ, депутаттар аудан әкімдігінің үлкен залында аудан активімен жиын өткізді. Көпшілік алдында сөз алған аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы С. Беков көп жылдан бері шешімін таппай келе жатқан Үштөбе — Талдықорған жолына жаңа асфальт төселіп, ауыл арасындағы жолдарға да күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуіне жәрдем берген облыс әкімі А. Баталовқа аудан ақсақалдары атынан алғыс айтса, славян этномәдени орталығының жетекшісі В. Спиридонова ауданда «Балапан» бағдарламасы аясында балабақшалар ашылып, үйде отырған аналарға жұмысқа орналасу мүмкіндігі туып отырғанын жеткізді. Депутаттар елді мекенде тұрғын үй құрылысын жандандыру, жерді тиімді пайдалану, шағын және орта бизнесті дамыту секілді бірқатар өзекті мәселелерді алға тартып, өңірдің барынша дамуы үшін еселі еңбек етуге шақырды.

А. БАҚЫТҰЛЫ.
Қаратал ауданы.

Баспасөз – 2017

Дара басылымның сара жолы



Ерлан АНДАСБАЕВ,
профессор, техника ғылымдарының докторы,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті физика-математика факультетінің деканы.

Қашанда өткен мен бүгіннің арасына алтын көпір болып, ел мерейін, жұрт беделін өсіретін алтын арқау – баспасөз екендігі баршаңызға мәлім. Жетісу өлкесінің айнасы болған ардақты басылым «Жетісу» газеті қашанда арманымызды ұштайды. Оқырман саны жыл сайын көбейіп, мазмұны байып, көркемдігі көз тартардай түрленіп келе жатқан тарихы терең «Жетісу» газетін оқу арқылы ойымызды байытып, өңірде атқарылып жатқан істерден дер кезінде хабар алып отырамыз.

Ұлылықтың ұлылар өскен топырақтан бастау алатыны анық. Осы тұрғыдан келгенде, кешегі ел бастаған бабалар мен сөз ұстаған шешендер, қарымымен халқын, туған жерін қорғаған батырлар мұратын мұра еткен жетісулықтар жыл сайын басылымның сапасы мен санын арттыруда белсенділік танытып келе жатқаны көңіл қуантады. Халқымызда: «Көз жетпеген жерге сөз жетеді», – деген сөз бар. Әлбетте, қазақ баспасөзінің қара шаңырағы атанған «Жетісу» газеті жүз жылға жуық тарихында талай жүрекке жігер, сенімге серпін берді. Мен қаламгер болмасам да ғылымнан бақыт іздеген қажырлы жолымда ата басылымның ақиқатқа толы бағдарынан қуат алып отырдым. «Жетісу» газетінде жазылған аға буынның өнегелі өмір жолы, қажырлы еңбегі кезіккен қиындықтарды жеңіп, табандылықпен алға ілгерілеуіме рухани көшбасшы болды. Қадірлі басылым басқа да көптеген ғылым жолында ізденіп жүрген жастарға үлгі-өнеге болғаны айтпаса да түсінікті. Алдағы уақытта да газет қара ормандай оқырманымен мәңгі жасайды. Сондықтан әріптестерім мен шәкірттеріме дара басылымның тұрақты оқырманы болып, оның сара жолын әр уақыт бағамдап, ақпарат ағынынан қалыс қалмауға шақырамын.

Жетісу Жетісу Жетісу Жетісу

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

Ілияс Жансүгіров пен Сәкен Сейфуллиндей, Бейімбет Майлин мен Мұхтар Дуезовтей Алаш арыстарының қолтаңбасы қалған «Жетісу» газетіне жазылу басталды. Аптасына үш мәрте ақжолтай ақпарат арқалап, әр шаңырақтың табалдырығын аттайтын абыз басылымның халықпен бірге келе жатқанына 99 жылға аяқ басты. Газет тәуелсіз елдің ертеңі үшін тер төгіп, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды терең зерттейді. Ендеше, 2017 жылды тағы да жаныңызға жақын «ЖЕТІСУМЕН» БІРГЕ ӨТКЕРІҢІЗ, ОЙЛЫ ОҚЫРМАН!

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға		12 айға	
			қала	ауыл	қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08	8652,96	9272,16
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36	5699,52	6318,72
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76	5944,32	6563,52
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60	6192,00	6811,20

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Облысымызда түрлі саланы дамытудың кешенді жоспарлары қолға алынды. Сол қатарда құрылыс саласына қан жүгіріп, өлкемізде көз сүрінетін ғимараттар бірінен соң бірі бой көтере бастады. Әсіресе, Талдықорған қаласының сәулеті мен салтанатын арттыра түсетін ғимараттардың әрбір жұмыс барысы облыстық әкімдік пен басқармалардың жіті қадағалауында.

Қажет АНДАС

Өткен аптада облыс әкімінің орынбасары **Ғалымжан Әбдірайымов** облыс орталығындағы бірқатар нысанды аралап шығып, құрылыс жұмысының қарқынымен танысты. Онда инженерлік-техникалық жұмыстарда орын алған кемшіліктерге сын-ескертулер айтты. Сондай-ақ, құрылыс компаниясының басшыларына көрсетілген кемшілікті белгілі уақыт шегінде түзетуді тапсырды. Әкім орынбасарымен бірге нысандарды аралауға қатысқан Талдықорған қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Әсет Шаяхметов пен облыстық сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасы басшысының орынбасары Сәметай Дәулетханов нысандарды салуға пайдаланылған құрылыс материалдары мен оның сапасына, жұмыстың жоспарға сай орындалған-орындалмағанына баса назар аударды.

Әрине, бәрі де мінсіз деп айтудан аулақпыз. Орын алған келеңсіздіктердің көбі жұмыс сапасы мен техникалық кателіктерге қатысты болды. Әсіресе, құрылыс жұмысы жүргізіліп жатқан, әрлеу әлі аяқталмаған нысандарда кемшіліктер жоқ емес. Ал уақытынан бұрын тапсырылатын 16 қабатты қонақүйдің құрылыс сапасы көңіл көншітеді. Сондай-ақ, Көрме үйі, Салтанант сарайы, қазығы жаңадан қағылған облыстық драма театрының ғимаратындағы жұмыс қарқыны көпті ризашылыққа бөледі. Олар жұмыстың қарқын алуын қаржының дер кезінде шешілуімен және жұмысшылар санының артуымен түсіндірді. Аталған нысандардағы жұмыс жағдайы алдағы уақытта да бақылауда болады.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ.



Қазақстан Республикасы Судьялар одағының кезектен тыс VII съезі 2016 жылдың 21 қарашасына жоспарланып отыр. Бұл жиында еліміздің сот жүйесіне қатысты көптеген маңызды мәселелер қаралып, сондай-ақ, Судьялар әдебінің жаңа кодексі қабылданады деп күтілуде. Бұл бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам – баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарының 19-қадамын іс жүзінде орындаудың бір бағыты.



СОТ ЖҮЙЕСІ
өрісті дамуда

Тәуелсіздіктің 25 жылындағы отандық сот жүйесін дамыту жөніндегі реформалар елімізде құқықтық және әлеуметтік мемлекет қалыптастыру жолындағы жүзеге асырылған саяси, әлеуметтік іс-шаралармен тығыз байланысты. Қазақстанның тәуелсіз сот билігі тарихи тұрғыдан алғанда өте қысқа мерзім ішінде қалыптасты және қоғамдағы әлеуметтік дауларды заң негізінде әділ шешуді қамтамасыз етудің, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың сенімді кепіліне айналды. Сот жүйесіндегі реформаларды жүзеге асыру барысында елімізде өткізілген судьялардың алты съезінің әрқайсының алар орны ерекше. Әрбір съезд сот жүйесінде атқарылған жұмыстарды қорытындылап, алдағы уақыттағы даму жоспарларына бағыт беретін судьялар қауымдастығының негізгі форумы саналады.

Судьялардың тұңғыш съезі 1996 жылдың 19 желтоқсанында өтті. Осы форумда Судьялар одағы қоғамдық бірлестік ретінде құрылып, судья Әдебінің кодексі және Одақтың филиалдары жөнінде Ереже қабылданды. II съезде делегат-судьялар Қазақстан Судьялар одағының «Халықаралық Орталық Азия судьялар ассоциациясы» мен «Халықаралық заңгерлер одағына» кіруге бірауыздан дауыс берді. Судьялардың III съезі бірінші рет Астана қаласында өтті. Осы форумда сөз сөйлеген Елбасымыз: *«Сот-құқықтық жүйесінің ең басты нәтижесі – адамдар, өз құқықтарын қорғау үшін олар түптің түбінде сіздерге жүгінеді, мұндай жайт өркениетті қоғамдарға ғана тән»*, – деп атап көрсетті. IV съезде сот жүйесінде болып жатқан жетістіктерге баға беріп, сот төрелігін атқарудың сапасын жақсартуға, судьялыққа кандидаттарға талапты күшейтіп, судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жаңа міндеттер жүктелді. Судьялардың V съезі негізінде дауларды балама тәсілмен шешудің тиімділігін арттыру мақсатында «Медиация туралы» Заң қабылданып, әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесімен азаматтар арасындағы даулар сотқа дейінгі үдерісте шешіле бастады.

Қазақстанның Судьялар одағы 2011 жылдың қыркүйек айынан бастап Халықаралық судьялар ассоциациясына толыққанды мүше болды. VI съезде Президент сот қауымдастығының алдына 5 міндет қойды: заң нормаларын жүйелі түрде жетілдіру үшін Үкіметке Жоғарғы Сотпен бірге Азаматтық процестік кодекстің жаңа жобасын жасау тапсырылды; соттардың құрылымын жетілдіру; даулар мен келіспеушіліктерді шешудің баламалы жолдарын енгізу; азаматтардың кең көлемде сотқа қолжетімділігін қамтамасыз ету; судьялар корпусының кәсібилігін арттыру. Сот құрылымы 5 сатылы соттан 3 буынды сот жүйесіне ауыстырылды, сөйтіп сот өндірісі халықаралық стандартқа көшіп, соттың шешімдері күшіне тез арада еніп, сот үдерісін жасанды созбалаңға салудан босатты. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық, Қылмыстық процестік және Қылмыстық-атқару кодекстері күшіне енді.

Президент жариялы түрде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен Азаматтық процестік кодекстің жаңа редакциясына қол қойды. Азаматтық процестік кодексте азаматтық дауларды жедел әрі сапалы шешуге кедергі келтіретін тетіктер жаңғыртылып, заман талабына сай жаңашылдықтар қолданысқа енгізілді. Жаңа кодекстегі процессуалдық заң талаптары халықаралық талаптарға сай жүйеленген. Әсіресе, тараптарды татуластыру рәсімдерін одан әрі дамыту мәселесі, соның ішінде дауларды сотқа дейін, соттан тыс реттеу тәртібі, соттағы бітімгершілік рәсімдері кеңінен қарастырылған.

Қазіргі таңда негізгі халықаралық рейтинг көрсеткіштеріне сәйкес Қазақстанның сот жүйесі «Сот тәуелсіздігі» индексі бойынша 14-орынға көтерілген. Осылайша елімізде өткізілген Қазақстан тарихындағы алты съездің алға қойған міндеттері мен мақсаттарын орындау барысында әділ де мықты сот билігі құрылды. Қоғамда тұрақтылық, сенімділік, қауіпсіздік сезімдерін тудыратын заңдар жұмыс істейді, адам өз мүддесін қорғай алады. Соның қатарында Алматы облысы да көптеген жетістіктерге жетіп, өз жұмысын жетілдіруде. Оған статистикалық мәліметтер дәлел. Мысалы, биылғы 10 ай ішінде азаматтық істер бойынша барлығы 31 857 іс қаралып, оның ішінде 17 377 іске шешім шығарылған. Осы кезең аралығында облыс бойынша 14 981 әкімшілік құқықбұзушылық іс қаралған. Облыс соттары 4 087 тұлғаға қатысты 3 552 қылмыстық істі қарады. Қылмыстық істер бойынша бас бостандығынан айырылғандар саны – 1 939 адам. Оның ішінде 49 тұлға ақталса, 1 654 адамға қатысты іс қысқартылып, медициналық мәжбүрлеу тәртібі 9 тұлғаға қолданылды. Биылғы 10 айдағы статистикалық деректеріне сәйкес облыс соттары медиация тәртібінде қарастырған азаматтық істер саны 1501-ге жеткен. Оның ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасымен осы мерзімде 21 азаматтық іс қаралса, қылмыстық істер бойынша 778 іс медиация тәртібімен тоқтатылған. Партисипативтік тәртіппен облыс соттары 5 істі қараған.

Тәуелсіздік жылдарында сотқа біршама өзгерістер мен жаңалықтар енгізіліп, сот жүйесінің дамуына үлес қосылды. Соттардың қызметтеріне ақпараттық технологиялардың заманауи жетістіктері енгізілуде. Төрелік автоматтандырылған электронды құжат айналымы, Жоғарғы және облыстық соттардың Ғаламторкеңістігінде қатысуы, сотталушылардың және олардың адвокаттарының қатысуымен сот процестерін жүргізу кезінде бейнеконференцияларды пайдалану, процеске қатысушы сотқа келмей-ақ ғаламтор арқылы соттағы өзінің құжаттарының жылжуымен таныса алатын ақпараттық киоскілерді орнату – сот жүйесінде бүгінде қол жеткізілген жетістіктер. Сонымен қатар «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы 20-қадамда көрсетілген барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шаралары енгізіліп, «Аудио-бейне тіркеу жүйесі» судьяларды және сот мәжілісіне басқа да қатысушыларды тәртіпке шақырып, сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алғанда әділ сот қашанда халықтың ұйытқысы болмақ.

Егемендігіміздің 25 жылы ішінде қол жеткізген табыстарымыз, еліміздің қазіргі таңдағы тыныштығы мен қауіпсіздігі, көпұлтты халықтың бейбітшілігі мен ынтымақтастығы Елбасымыз жүргізіп отырған сарабдал саясаттың нәтижесі болып табылады.

Мейрамбек ТАЙМЕРДЕНОВ,
облыстық соттың төрағасы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жетекшілік ететін «Нұр Отан» қазақстандық қана емес, әлемдік деңгейде де бағыт-бағдары айқындалған және даму барысы дараланған партия.



МІНДЕТ АЙҚЫНДАЛДЫ

Замана талабына сай жемісті жұмыс істеп келе жатқан партияның Қаратал аудандық филиалының кезекті XVII есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Ондағы мақсат – аудандық партия ұйымының есепті жылдағы жұмысын қорытындылап, алдағы міндеттерді айқындау.

Аудан әкімдігінің үлкен залында өткен конференция жұмысына «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық саяси кеңесінің мүшесі Римма Салықова, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, аудандық мәслихат депутаттары, партия белсенділері, аудандық мекеме басшылары, қоғамдық ұйым өкілдері мен «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері қатысты.

Конференция жұмысын жүргізген «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Қайрат Бисембаев «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының кезекті XVII есеп беру-сайлау конференциясын маңызды саяси оқиғалардың бірі деп атап өтті.

Жиын барысында күн тәртібіндегі үш мәселе қаралды. Алдымен аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының төрағасы Қайрат Бисембаев филиалдың 2015 – 2016 жылдардағы атқарған жұмысы туралы баяндама жасады. Онда Елбасының тапсырмаларын, партияның сайлауалды бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, аудан тұрғындары арасында саяси-әлеуметтік тұрақтылықты нығайту және партия беделін арттыруға бағытталған жұмыстардың атқарылғандығы туралы атап өтті.

Екінші мәселе бойынша «Нұр Отан» партиясы Жаргысының 9-тармағының 6-бөліміне сәйкес, Қаратал аудандық филиалы Саяси кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Саяси кеңес мүшелерінің жаңа тізімі бекітілді.

Үшінші мәселе бойынша партияның облыстық филиалдың кезекті XIX есеп беру сайлау конференциясына делегаттар сайланды.

Жандос ТЕҢЕЛБАЕВ,
«Нұр Отан» партиясы
Қаратал аудандық филиалы
төрағасының бірінші
орынбасары.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасында терроризм және экстремизм қауіпімен байланысты хабарларды қабылдайтын бірыңғай тегін «110 шұғыл желісі» іске қосылды. Егер Сіз терроризм актілерін дайындау, қаржыландыру, үгіттеу және қаруландыру, радикалды көзқарастағы дәстүрлі емес діни ағым өкілдерін оқыту, терроризм мен діни экстремизм идеологиясын насихаттау және тарату фактілері туралы ақпарат естісеңіз немесе куәгері болсаңыз, аталған нөмірге хабарласуыңызға болады.

СЕМИНАР

Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойын тойлағалы отырған еліміз – Қазақстан зайырлы, құқықтық әрі демократиялық қоғам құру бағытын берік ұстанып келеді. Қайсыбір елдер ғасырлар бойы жүріп өткен күрделі тарихи жолды осынау аз уақытта артқа тастап, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатын алға қойған мемлекет өркениетке бастайтын реформаларды жеделдете жүзеге асыруда. Алматы қаласындағы «Алатау» шипажайында «Әлеуметтік азаматтық базис «Болашақ» қоғамдық бірлестігі, «Сорос Қазақстан» қоры мен Алматы облыстық мәслихатының қолдауымен өткен «Қоғамдық кеңестер» жұмыс тәжірибесі мен өзара байланыс механизмдері» атты конференция осындай келелі мәселені талқылауға бағытталған болатын.



Өркениет үрдістері

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Алқалы басқосуды ашып, жүргізіп отырған Алматы облыстық мәслихатының хатшысы Серік Мұқанов Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «5 институционалды реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарының маңыздылығына тоқтала келіп, Алматы облысы Іле ауданының тәжірибесі негізінде жергілікті атқару органдары мен қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік емес мекемелер және мәслихаттардың өзара үйлесімді жұмысын қалыптастырудың жекелеген мәселелерін атап өтті. Осының бәрі Елбасы бағдарламасындағы өзін-өзі басқару тетігін іске қосуға ықпал ететін болады. Бүгіндері Парламентте 2018 жылдан бастап жергілікті билікке бюджетті пайдалану ғана емес, жер мәселесін де өз деңгейінде шешіп, тұрғындардың билікке араласудағы рөлін арттыру кеңінен талқыланып келеді. Осы орайда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Ұлттық экономика министрлігінің өкілдері, Алматы облысы аудандық мәслихаттарының хатшылары, Алматы қалалық және облыстық кеңесінің мүшелері бірлесе отырып өзекті мәселені талқылау ұсынылған.

Конференцияға келген ҚР Парламенті Мәжілісінің 5–6 шақырылым депутаты Серік Сейдуманов, «Аймақ» жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту қорының» төрайымы, Мәжілістің 4–5 шақырылым депутаты, «ЭКСПО – 2017» қоғамдық кеңесінің мүшесі Айгүл Соловьева, ҚР Парламенті Мәжілісінің 5 шақырылым депутаты, Алматы облыстық қоғамдық кеңесі төрағасының орынбасары Николай Логутов, «Сорос – Қазақстан» қорының бағдарламалар директоры Аида Айдарқұлова сынды мәртебелі қонақтар басқосуда талқыланатын тақырыптың маңызы мен қоғамды демократияландыруда алатын орны жайлы өз пікірлерін білдірген соң күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндамаларға кезек берілді.

Алғашқы болып сөз алған Серік Сейдуманов «Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестер – азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты реттеуші механизм» тақырыбында кеңінен мәлімет беріп өтті. «Тәуелсіз еліміздің дамуы үшін өзін-өзі басқару тетіктерін іске қосу, осы орайда қоғамдық кеңестердің жұмысын жандандырудың маңызы ерекше, – деді ол өз сөзінде. – Бұл мемлекетті басқаруды жетілдіріп қана қоймай, елімізде демократиялық үрдістердің дамуына да ықпал етеді. Осыған байланысты 2018 жылдан бастап жергілікті бюджет пен жергілікті коммуналды шаруашылық туралы заңдар жүзеге асырылмақшы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлт жоспарындағы 99-шы қадам негізінде құрылған қоғамдық кеңестер мемлекеттің тұрғындар алдында есеп беруін талап етеді. Бүгіндері елімізде республикалық және жергілікті деңгейде құрамында 4 мыңға жуық мүшесі бар 226 қоғамдық кеңестің жұмысы жолға қойылған. Олар мемлекет пен азаматтық қоғамның үйлесімде жұмыс істеуіне үлес қосатын болады». «Қоғамдық кеңес туралы» Заңды жасаушылардың бірі ретінде Серік Тұраұлы жиналғандарға оның құрылымы мен қызметі жайлы әңгімеледі.

«ҚР қоғамдық кеңестерінің жұмысы: тәжірибесі мен келешегі» деген тақырыпта баяндама жасаған Айгүл Соловьева атқарушы биліктің ашықтығын арттыру үшін және азаматтық қоғам тарапынан бақылау жүргізудегі аталған кеңестердің алар орны мен атқарар қызметі жайына кеңінен тоқталды. Ал, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің инфрақұрылымды дамыту департаменті бастығының орынбасары Санат Тұңғышбеков «Жергілікті өзін-өзі басқару ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының факторы» мәселесін тереңнен толғады. Осы орайда, ауылдық, поселкелік, қалалық және аудан әкімдерін сайлауды жүзеге асыру; қазынашылық органдарында олардың есептерін ашу; жергілікті өзін-өзі басқару заңына сәйкес кіріс көздерін анықтау; жергілікті салықтың 6 түрін өздерінде қалдыру; шығыс және кіріс бөлімдерін тұрғындармен бірлесе талқылау; қажетті тауарлар мен қызметтерді пайдалануды кеңесе отырып шешу сияқты маңызды жайлар жиналғандардың назарына ұсынылды.

Үзілістен кейін ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бюджет саясаты департаментінің бюджетаралық қатынастар басқармасының бастығы Айгүл Айтбаева «Жергілікті өзін-өзі басқару дербес бюджетін құрудың негізгі тәсілдері», Алматы облысы қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Николай Логутов «Алматы облыстық қоғамдық кеңесінің қызметі туралы», Алматы қалалық қоғамдық кеңесінің хатшысы Алтынай Көбеева мен Іле ауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов өздеріндегі атқарылып жатқан жұмыстар мен шешімін күткен мәселелер жөнінде ойларын ортаға салды.

Конференцияның екінші бөлімінде Іле аудандық мәслихатының хатшысы Роза Абилованың жетекшілігімен талқылау, сұрақ-жауап ретінде өткізілген отырыстардың да жемісті болғаны анық. Мұнда Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округінің әкімі С. Күзембаев округтегі жергілікті қауымдастық жиналысының қызметі туралы баяндаса, «Zertteu Research Institute» қоғамдық қорының директоры Шолпан Айтенова «Қоғамдық бақылау формалары», Роза Абилова «Әлеуметтік аудит – қоғамды тарту механизмі» деген тақырыптарда іс-тәжірибесімен бөлісіп, оны жүзеге асыру мәселелері төңірегінде сұрақтарға жауап берді.

Екі күнге созылған конференцияның келесі күні де жиналғандар үшін өте маңызды әрі пайдалы болды деуге негіз бар. Өйткені бұл жолы алқалы жиынға қатысушылар Шолпан Айтенованың басқаруымен қоғамдық кеңес қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру мәселелерін талқылап, өңір өкілдерінің заңнамаға қатысты ұсыныс-пікірлерін қарастырған болатын. Ашық әңгіме тұрғысында өткізілген бұл жиында әркім өз ойын ортаға салып, кеңес жұмысын жақсарту жөніндегі нақтылы ұсыныстарын айтуға мүмкіндік алды. Түстен кейін «Интерньюс – Қазақстан» ұйымының заңгері Ольга Диденконың жетекшілігімен «Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділік. Үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары және қоғамдық кеңестің өзара ықпалдасуы» тақырыбында шеберлік сыныбы өткізіліп, ақпараттық қолжетімділіктің жолдары қарастырылды. Осы бағытта тәжірибелік тренингтің де жиналғандарға берері мол болғаны анық.

Конференция қорытындысы бойынша қатысушыларға сертификаттар табыс етілді. Енді олар осы конференцияда алған тәжірибелері мен білімдерін өздерінде пайдаланып, өзгелерге де үйретуге мүмкіндік алады. Себебі, 2018 жылы бастау алып, 2020 жылы толықтай енгізілетін жергілікті өзін-өзі басқару жобасы ел дамуының бедерлі белесі болары анық.

Алматы.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

БІРЛЕСІП КҮРЕСУ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлықпен күресті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті қызметкерлері ғана емес, әрбір Отанын сүйетін тұрғын тыңғылықты жүргізуі тиіс. Осыған орай тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы ғимаратының мәжіліс залында қала мектептерінің директорлары мен ұстаздар қауымы қатысқан жиын өтті.

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Басқосуға Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Данияр Сабырбаев, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Асхат Құтымов келді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды алға тартқан Данияр Бауыржанұлы ұстаздарға іс-шараның мақсаты, департамент қызметінің бағыттары, «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты ҚР Президентінің халыққа Жолдауы және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының талаптары, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегиясы мен оның орындалу барысы бойынша түсініктеме берді. Сонымен қатар, алдағы уақытта «Адал ұрпақ» жобасын мектеп ұжымымен бірігіп өткізсек деген ойын ортаға салды. Оның айтуынша, жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектептегі оқушыдан бастаған жөн. Сонда ғана біздің ұрпақтың тамырына балта шабылмайды. Сонымен бірге департаменттің жаңа жұмыс бағыттары – талдау және сыбайлас жемқорлық қатерлерін анықтау, жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау бойынша сөз қозғалды.

Көпшіліктің ойынша, пара беріп оқуға түсу, жұмысқа орналасу, қызметтік лауазымын жоғарылату сияқты қитұрқы әрекеттермен бірлесіп күрес жүргізу керек. Ақиқатына келгенде ақшаға сатылмайтын, алынбайтын да дүниелер бар. Алайда көпшілігіміз мұны тіпті ойламаймыз да. Өкініштісі де осы. Тек іс насырға шауып, қайтарға жол жоқ болғанда ғана өкініш өзегімізді өртеп, сан соғып қала береміз. Лас істің соңы ешқашанда жақсылыққа апарған емес.

Биылдың өзінде өзінің мансабын пайдаланып, қызметкерлерінің лауазымын жоғарылату мақсатында олардан пара алып, қызмет бөлмесінде қолдары кісенделген мемлекеттік қызметкерлер бірден қызметінен айырылды. Оларға «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының арнайы баптары арқылы жаза қолданылды. «Дәніккеннен құныққан жаман» дегендей, өзі тойса да көзі тоймайтын жемқорлар енді темір тордың арғы жағын пана етуде. Осындай жағдайға тап болған қызметкерлердің, әсіресе, мемлекеттік қызметте жүрген шенеуніктердің жымысқы әрекеттерінің немен аяқталғанына ұстаздар қауымы куә болды. Оларға арнайы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті әзірлеген бейнекөрініс ұсынылды. Онда заң алдында өздеріне тиесілі жазаны алып, бүгінде түрмеге тоғытылған мемлекеттік қызметкерлердің жай-күйі көрсетілді. Бұдан соң ұстаздар қауымы шараның ұйымдастырушыларына көкейінде жүрген сауалдарын қойды.

Жиын соңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті қызметкерлері алдағы уақытта ұстаздар қауымымен бірігіп, семинар, «дөңгелек үстелдер» және түрлі тақырыптарда басқосу өткізетіндерін айтты. Олай болса, қоғамды жайлаған індетпен күресу – бәріміздің ортақ азаматтық парызымыз.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 132 (18264)

Сейсенбі, 29 қараша, 2016 жыл.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Әлемде гидроэнергетика ресурстарына деген сұраныс күн сайын артып келеді. Су энергиясының потенциалы жағынан Қазақстан Орта Азияда алдыңғы орында тұрады. Дей тұрғанмен, әлемдік деңгеймен салыстырғанда еліміз су көздеріне тапшы. Осы тапшылықты дер кезінде шешуге тиістіміз. Сондықтан «ЕХРО – 2017» көрмесі осыған дейін әлем елдерінің бірде-бірінде қозғалмаған ең өзекті «Болашақтың энергиясы» атты тақырыпты таңдап алып, қажеттілікті шешудің жолдарын қарастырмақ. Әрине, ол үшін қазақстандықтар жаңа бастамаларымен басқаларға үлгі көрсетуде.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ЖАҢАРҒАН ЭНЕРГИЯ КӨЗІ

Қажет АНДАС

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, аймақтағы энергия көздерін ашу, қайта қалпына келтіру, дамыту бағытында бірқатар жұмыс атқарылған. Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында құрылыс, жер қойнауын пайдалану, энергетика және тасымалдау ісі озық технологиямен жабдықталу керектігі айтылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы №43 Қаулысымен бекітілген Қазақстанда баламалы және жаңартылған энергетиканы дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2015 жылға дейін инвесторлар тарапынан 12 жаңартылған энергетика жобасын жүзеге асыру жоспарланған, оның ішінде 2 күн электрстансысы, 8 су электрстансысы және 2 жел электрстансысы бар. Жоспарланған мерзімде соның бірқатары іске қосылды. Сол қатарда Сарқан ауданындағы «Жоғарғы-Басқан» ГЭС-і пайдалануға берілсе, алдағы уақытта «Лепсі – 2» СЭС-інің бірінші торабы қосылмақ. Біз Сарқан ауданындағы іссапарымызда аталған СЭС-тің жұмыс ауқымымен танысып, оның өңір дамуына тигізетін пайдалы тұстарын бағамдадық.

Сарқан ауданында басын таудан алатын ағысы қатты бірнеше өзен бар. Оның суы негізінен егістік жерлерді суаруға жұмсалып келді. Соңғы кездері бұл өзендерге су электрстансыларын салу қолға алынып, екі нысан бой көтеріп үлгерді. Осы екі су электрстансысы алдағы уақытта 21 МВт. ток өндіретін болады. Мұның өзі, біріншіден, инвестиция, екіншіден, жаңа жұмыс орны, үшіншіден, арзан қуат көзі болып табылады. Расында, Балқаш көліне құятын өзендердің ішінде Лепсінің ағысы қатты. Бастау көзін Жетісу Алатауының құз – шатқалдарынан алатындықтан одан қуаттылығы жоғары электр энергиясын алудың мүмкіндігі мол екендігі бұрыннан белгілі болса да бұл жұмыс тек 2013 жылы ғана жеке инвесторлардың қаржысымен қолға алынды. Қойлық ауылының іргесінен орын алған нысан облысымыздағы «Мойнақ» СЭС-інен кейінгі қуаттылығы жоғары су электрстансысы. Таудың жартасты беткейінде жасалған су қоймасы жер бетінен 10 метр биіктікке орналасқан. Ал жер астына жеті метр тереңдікке орналастырылған стансы құрылысының сапалы салынғаны бірден байқалады.

Мұндағы техникалар тұтастай компьютермен басқарылады. Жалпы төрт генератордан құралған. Оның үшеуі 4850 КВт., ал біреуі 2500 КВт. ток өндіреді. Оның жұмыс барысы өте күрделі. Яғни, су – қоймадан қақпа арқылы өтіп турбинаға келеді, су ағыны турбинаны айналдыра бастайды, турбина электр энергиясын өндіретін генераторды іске қосады, генератордан энергия электр желісі бойынша тұтынушыларға жөнелтіледі. Төменгі қабаттарға өрттен сақтану құрылғылары, генератордың майын ауыстыратын ТП20 май ауыстырғыш, генераторды сумен қозғалтатын биіктігі екі жарым метр труба, генераторды май және ауамен тоқтататын тежегіш құрылғысы, суды сыртқы каналға ығыстыратын сорғыштар орналастырылған. Қысқасы, стансы құрылысы бүгінгі заманауи құрылғылармен толықтай жабдықталғаны көрініп тұр. Айта кетерлігі, стансыда белгілі бір ақау пайда болса стансы жұмысы автоматты түрде тоқтайды. Орын алған ақау толық қалпына келтірілгенше құрылғылар жұмыс істемейді.

Қазірде мұнда 17 адам жұмыспен қамтылған. Айлық табыстары отбасын асырауға толығымен жетеді. Стансы басшысы Андрей Шаповаловтың айтуынша, стансының құрылғыларын қытайлық мамандар құрастырғанымен, жергілікті жігіттер қолдануды барлық тетігін меңгеріп алған.

Сарқан ауданы.

ШЕКАРАШЫЛАР КҮНІ

Жаркент шекара отрядының ел шебін күзеткеніне 92 жыл толды. Жақында отряд сардарлары мен сарбаздары, жергілікті халық өкілдері осынау мерейлі мерекені кең көлемде атап өтті.

ЕЛ ШЕБІНДЕ ерлер жүр

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Тәуелсіздігімізге ширек ғасыр толуына орай «Жұлдызды 25 күн» акциясы аясында өткізілген салтанатты шара Жаркент қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде өтті. «Шекарашылар күні» мерекесінің беташары кең залға қойылған көрмені тамашалаумен басталды. Онда шекарашылардың тыныс-тіршілігінен дерек беретін суреттер, сарбаздарға берілетін азық-түлік түрлері, қару-жарақ және заманауи әскери байланыс құралдары қойылды. Көрмені келген қонақтарға жас офицерлер Әбдірәлі Шораев пен Данияр Жандосов таныстырды. Келесі кезекте сарбаздардың террористерді құрықтау көрінісін жұрт қызыға тамашалады.

Ал ресіми бөлігі салтанатты жиынмен басталды. Әдеттегідей Мемлекеттік Ту сахна төріне әкелініп, Гимн орындалды. Аудан әкімі Бердәулет Абдулдаев мінберге көтеріліп, «Шекара күні» мерекесімен құттықтады. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қанат Досмайылов, Жаркент шекара отрядының командирі, подполковник Рауан Рамазанов сөз сөйлеп, Елбасының тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, әлем қауымдастығының алдында ел беделінің артуына сіңірген еңбегін тілге тиек етті.

Жиын соңында қызметте көзге түскен жауынгерлерге аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы мен әскери бөлім басшысының Алғыс хаттары мен сыйлықтарын салтанатты түрде табыстады, әрмен қарай «Шекара жүрегі» ансамблінің концерті көрермен көзайымына айналды.

Панфилов ауданы.

ҮНҚОСУ

Мәңгілік Елдің мәртебесі



Артық ТОҚСАНБАЕВ, Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның директоры:

– Парламент палаталарының бірлескен отырысында тәуелсіздік Декларациясы қабылданды. Онда ширек ғасыр бедерінде бағындырған белестеріміз бен асқан асуларымыз айшықталып, тарихи жетістіктерге жеткізген парасатты Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбектері анық көрсетілді. Себебі, шекарамыздың шегенделіп, әлеуметтік-экономикалық даму даңғылына түсуіміз, түптеп келгенде дамыған 50 елдің қатарына еркін енуіміз сынды ғажайып дүниелердің орын алуы – Елбасымыздың саясаты мен іскерлігінің жемісі мен жетістігі.

Жұрт жүрегін үрей билеген жылдары ел тізгінін алып, жас мемлекетті ширек ғасырда шың басына шығарғаны барша қазақстандықтарға мәлім. Өткен 25 жылды барлайтын болсақ, бабалар арман еткен асуды алқымдап, мақсаты мен мұратын мұрындықтадық. Түптеп келгенде, төрткүл дүние тамсанып қарайтын ажарлы Астананың бой түзеп, ел төрінде дүниежүзілік қауымдастықтың маңызды мәселелері талқыланып, ордақтас мемлекеттердің отырыс алаңына айналуы, адамзат өміріне балта шабатын атом бомбасынан алғашқы болып бас тартып, бейбітшілік ұранын барша мемлекетке мәлімдеген, әртүрлі діни наным-сенімдегі ұлыстарды ұлт қылып ұйыстыра білген елдің ерлігі мен Елбасының тұлғалық болмысын баяндайтын маңызды құжат мәртебемізді өсірмек. «Тәуелсіз Қазақстан өзінің жаңа тарихымен табысты мемлекет және бүкіл Орталық Азия өңірінің көшбасшысы атануға құқығы бар екендігін дәлелдеді», – делінген Декларация сөзі жан жадыратады.

Тарихи маңызы зор



Гүлжиян СҰЛЕЙМЕНОВА, "Құрмет" орденінің иегері, ҚР мәдениет саласының үздігі, «Кәсіпкер» журналының бас директоры:

– Сенат пен Мәжіліс депутаттары бірлесіп қабылдаған тәуелсіздік Декларациясы еліміз үшін ерекше әрі маңызды құжат, оң шешім болды деп білемін. Қабылданған Декларация ел тарихында болашақ ұрпаққа қалдыратын мұра болмақ.

Құжатта тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құру тарихына баға беріліп, осы бағыттағы миссияны Елбасының аса сәтті орындап шыққаны атап көрсетілген.

Қазақстан үшін Тәуелсіздіктің жиырма бес жылы ілгерілеу мен орнықты дамудың кезеңі болды. Өз Тәуелсіздігінің 25 жылында Қазақстан экономикасы қарқынды дамыған, табысқа жетудің бірегей тәжірибесі бар саяси тұрақты мемлекет ретінде қалыптасты. Біздің елімізде экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларда аса ірі өзгерістер жүзеге асты. Тәуелсіз Қазақстанның барлық жетістіктері мен жеңістері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тегеурінді және дана басшылығымен әрбір қазақстандықтың табанды да тынымсыз еңбегінің арқасында мүмкін болғандығы айтылады құжатта. Әрине, мұның бәрі ел болып құптарлық жайт. Осындай Көшбасшымыздың барын, Ұлы Дала елінің 25 жылдығындағы жетістігін неге ауыз толтыра айтпасқа. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген атам қазақ. Сондықтан барды бар, жоқты жоқ деп бағалайтын халық "Бағалай білгенге – бақ қонады, Қуана білгенге – құт қонады" дей тұра Мемлекет басшысының сындарлы саясатына оң бағасын беруі де заңдылық, тарихи шешім.

Шын мәнісінде жетістігіміз бен ұлттық құндылығымызды жария ететін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясының құжат ретіндегі тарихи маңызы аса зор. Сондықтан мұндай құжат елдігіміз бен бірлігімізді келешек ұрпаққа дәріптеп, Мәңгілік Ел болудың жолында тынбай еңбек етудің маңызын түсіндіреді деген ойдамыз.

Ұлттың ұлы бақыты



Виктор ХИЛЬНИЧЕНКО, «Хильниченко және К» сенім серіктестігінің басшысы:

– Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясы қабылдануының тарихи маңызы зор деп ойлаймын. Өйткені ширек ғасырлық мерзімде талай қиындықты артқа тастадық. Талай асу бермес биіктерді бағындырдық. Талайлар аңсап жүрген табысқа қол жеткіздік.

Тәуелсіздіктің 25 жылдық Декларациясында табысты мемлекет құру жолында Елбасының сіңірген еңбегі, еліміздің экономикалық және саяси жетістіктері кеңінен баяндалады. Сондай-ақ, жаңа құжатта төрткүл дүниеге танылған Мемлекет басшысының сындарлы саясаты мен көрегенділігіне тарихи баға берілген. Бүгінгі құжат – мемлекеттік мерей декларациясы. Жеңімпаз халық пен жеңімпаз мемлекетіміздің Декларациясы. Өйткені бұл құжатта ширек ғасырдың толағай табыстары тұр.

Шүкір, еліміздің даму бағыттарының қай саласын алып қарасақ та ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерді анық аңғарамыз. Экономика, сыртқы саясат, білім және мәдениет салаларында толайым табыстарымыз аз емес. Бұл айналып келгенде Қазақстанның қарыштап дамып отырғанын байқатады. Осы Декларация да Қазақстанның одан әрі қарыштап дамуына сеп болары сөзсіз.

Мерейлі мереке қарсаңында қабылданған құжаттың, әсіресе, өскелең ұрпаққа берері мол. Яғни, бұл Декларация – болашақ жастарға даңғыл жол көрсетер бағдаршам. Сондықтан құжатта айшықталған мемлекет жетістіктерін егемен елдің өрендері қадірлеп, қастерлей білгендері абзал. Өйткені тәуелсіздік – ұлттың ұлы бақыты. Бүгінде Қазақ елі әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті, бейбіт өмір мен тату тірлікті қамтамасыз ететін халықаралық маңызды бағдарламаларды жүзеге асыруда белсенділік танытып келеді.

БРИФИНГ

Әрбір мал басы компьютерге енгізіледі

Өңіріміз бойынша 2 мыңға жуық мал дәрігері мамандары қызмет атқаруда. Ағымдағы жылы ветеринария саласына эпизоотияға қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуын жүзеге асыру үшін 1,7 млн. теңге бөлініп, оның басым бөлігі игерілді. Жануарлардың аса қауіпті ауруларын алдын алу үшін Сібір жарасына, аусылға, пастереллезге, лептоспирозға, құс тұмауына, құтыруға қарсы екпелер салынды. Бұл жайында өңірлік коммуникациялар қызметіне келген облыстық ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан БЕКЕЖАН айтып берді.

Өңірімізде жануарлардың туберкулез және бруцеллез ауруларын тексеру үшін арнайы зерттеулер жүргізіледі. Мәселен, бруцеллез ауруына жүргізілген серологиялық зерттеулердің нәтижесінде оң белгімен анықталған 1 084 бас мүйізді ірі қара және 5 481 бас ұсақ малдарға ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізілген. Бруцеллез анықталған малдарды санитарлық сою орындары жыл басынан белгіленген. Олар Талдықорған қаласы аумағындағы «Талдықорған ет» ауылдық тұтыну кооперативі мен Сарыөзек кенті аумағындағы «Ақ-бұлақ» АҚ-ның шағын ет комбинатында аудандық, қалалық ветеринария бөлімдері басшыларымен жасалынған меморандумдар бойынша жүргізілуде.

Аса қауіпті құтыру, эхинококкоз, бруцеллез ауруларының таралуына себепкер – панасыз жүрген қаңғыбас иттер мен мысықтар. Қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіретін үй жануарларын жою жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Нұрлан Жебегенұлының айтуынша оларды аулау және жою жұмыстарын жүргізуге арнайы бюджеттік бағдарлама шеңберінде облыстан қаржы қарастырылып, 26 638 бас ит, 263 бас мысық ауланып, жойылған. Айрықша айта кетерлігі, ветеринария саласындағы тың жаңалықтың бірі бірегейлендіру бағдарламасы. Яғни, мамандар өңіріміздегі ауылшаруашылығы жануарларын бірегейлендіріп, компьютерлік дерек қорға енгізген. Бұл арқылы жануарлардың ұрлану, жоғалу қаупі азаятын көрінеді. Сондай-ақ, өңіріміздегі жануарлар мәселесінде шешімін таппаған жайттар да жетерлік. Мәселен, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы бойынша жоспарда межеленген ветеринариялық препараттардың дер кезінде облысымызға жеткізілмеуі. Жеткізілген күнде де толықтырылмауы ветеринария жұмысына кедергі келтіреді. Бұл жөнінде басқарма мамандары министрлікке бірнеше ұсыныс тастапты. Бұл мәселе алдағы уақытта шешімін таппақ.

Ай НИСА.

КӘСІП ТҮБІ – НӘСІП

Кербұлақ ауданының Жоламан ауылдық округінде «Шадиев К» шаруа қожалығының салтанатты ашылуы өтті. Оған аудан әкімінің орынбасары Серікбай Қожахметов пен аудандық деңгейдегі мекеме басшылары мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

МАЛ БОРДАҚЫЛАУ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Алдымен аудан әкімінің орынбасары Серікбай Қожахметов аталмыш шаруа қожалығы жайлы қысқаша мәлімет берді. Фазыл Шадиев басқаратын «Шадиев К» шаруа қожалығында барлығы 1150 гектар жайылымдық жер бар. Бүгінде алты мың басқа арналған мал бордақылау алаңында отыздан астам адам еңбек етуде. Олар айына орта есеппен сексен мың теңге көлемінде жалақы алады. Сондай-ақ, оларда жылына 1200 тоннаға дейін ет өндіріледі. Шаруашылықта үш «КамАЗ», үш трактор және екі «ГАЗ-53» автокөлігі бар. Ірі қаралар екі ай бойы бордақылау алаңында байланады.

Осы мерзім ішінде әр бас 70–72 келіге дейін салмақ қосып, бір бастың таза салмағы 450 келіге жетеді. Әр жұмыстың өзіне тән қиындығы болады. Сол сияқты мал бордақылау шаруасының да машақаты мол. Малдың жемшөбін, суын беріп уақытылы азықтандыру, астын тазалау секілді істер де өз ретімен жалғаса береді. Мал да ауырады. Дәл осындай сәтте Бахром Қошқаров, Рақымқұл Сүлейманов, Дәурен Сарсенғали сияқты мал дәрігерлері дер кезінде көмек қолын созады. Олардың бұл істегі еңбектерін ерен деуге болады. Қазір төрт қорада мың бас мал бар. Әр қорада екі жүз елу ірі қара бордақыланып жатыр.

Сондай-ақ, төрт жүзден астам «Ангус» тұқымы бағылуда. Бордақыланған мал еті «Магнум», «Беккер» сияқты ірі фирмаларға өткізіледі. Бір фирма күніне 4-5 тоннаға дейін ет сатып алады. Олармен арнайы келісімшарт жасалыпты. Шаруа қожалығында гидропоника әдісімен арпа өсіріліп, күніне бұл азықтың бір тоннасы малға қосымша азық ретінде беріледі. Арнайы ыдыстарға салынған бір келі арпадан 6-7 күн ішінде он келі дайын өнім алуға болады. Құнарлылығы жағынан таптырмас азық бір қалыпты температурада өсіріледі.

Ләйлә ОҢАЛБАЕВА.

Кербұлақ ауданы.



Баспасөз – 2017

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

Ілияс Жансүгіров пен Сәкен Сейфуллиндей, Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезовтей Алаш арыстарының қолтаңбасы қалған «Жетісу» газетіне жазылу басталды. Аптасына үш мәрте ақжолтай ақпарат арқалап, әр шаңырақтың табалдырығын аттайтын абыз басылымның халықпен бірге келе жатқанына 99 жылға аяқ басты. Газет тәуелсіз елдің ертеңі үшін тер төгіп, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды терең зерттейді. Ендеше, 2017 жылды тағы да жаныңызға жақын «ЖЕТІСУМЕН» БІРГЕ ӨТКЕРІҢІЗ, ОЙЛЫ ОҚЫРМАН!

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға		12 айға	
			қала	ауыл	қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08	8652,96	9272,16
2.	ҮОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36	5699,52	6318,72
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76	5944,32	6563,52
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60	6192,00	6811,20

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, балама жазылып, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, онда:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3250	6500
2.	Зейнеткерлер үшін	1800	3600
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1900	3800
4.	Жалпы жеке жазылу	2100	4200

«Жетісу» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3000	6000
2.	Зейнеткерлер үшін	1500	3000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1600	3200
4.	Жалпы жеке жазылу	1700	3400

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

СУ ЭЛЕКТР СТАНСЫСЫ АШЫЛДЫ

Тұңғыш Президент күні қарсаңында Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойына орай Сарқан ауданының Қойлық ауылында бой көтерген «Лепсі – 2» су электр стансысының ашылу салтанаты болды. Оған аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков бастаған ауданның атқамінер азаматтары, ақсақалдар мен студенттер көптеп жиналыпты. Салтанатты шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ арнайы қатысып, жаңа нысанның лентасын қиды. Өңір басшысы көпшілікті қуанышымен құттықтап, өңірдің электр қуатына деген қажеттілігін шешу бағытында атқарылып жатқан жұмыс барысын сөз етті.

Қажет АНДАС

– Қадірменді көпшілік, сіздерді өңір өндірісіне серпін беретін маңызды нысанның ашылуымен құттықтаймын. Бәріңізге аян, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында көптеген игілікті іс атқарылып жатыр. Бүгін балғындардың бақытын еселеген Қаратал ауданындағы 320 орынды балабақша мен облыс орталығында бой көтерген Тұңғыш Президенттің мүсіні жұрт қуанышын еселесе, Сарқан ауданындағы су электр стансысы көп қуанышын шалқыта түсті. Былайша айтқанда, бұл нысан – жаңа энергия көзі болып табылады. Бұл келесі жылы өтетін «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесінің басты тақырыбына да сай келеді. Демек, осы арқылы біз елімізде атқарылатын маңызды істерге үлес қосудамыз. Өңірімізде бой көтерген «Мойнақ» су электр стансысын айтпағанның өзінде, бұл нысан қуаттылығы жоғары су электр стансысы болып саналады. Осыған дейін Талдықорған қаласының маңындағы, яғни, Текелі қаласын басып өтетін Қора өзенінің бойынан бірнеше су электр стансысы салынып, жаңартылған энергияға деген сұранысты қанағаттандырды. Бүгінгі шараны соның жалғасы деп білген жөн. Мұндай игілікті іс алдағы уақытта да жалғаса береді, – деді ол.

Келесі кезекте сөз алған «АСПМК – 519» ЖШС бас директорының орынбасары Павел Немытов жаңа нысанды салуға қолдау танытқан өңірлік «Темірбетон» ЖШС, «Ақсу» АҚ, «Аманат – А» ЖШС, «АТП Энергострой» ЖШС, «Гидроспецстрой» ЖШС, тағы да басқа кәсіпорындарға алғысын білдіре келіп, мұндағы өндірілген электр қуатының «KEGOK» және «TATEK»-тің орталық желілеріне жиналып, одан ары электр қуатын қажет ететін орындарға жіберілетінін тілге тиек етті. Сол қатарда Сарқан қаласындағы политехникалық колледждің студенті Владимир Картинки аталған су электр стансысының колледждің электромонтер мамандығын оқып жатқан студенттердің дуалды оқыту жүйесі бойынша сапалы білім алуына жол ашатынын зор шабытпен сөз етті.


Мамандардың пікірінше, еліміздің су көздерінен электр қуатын өндіру мүмкіндігі 62 млрд. КВт/с екен. Қазір соның бар болғаны 8 млрд. КВт/с ғана пайдаланылып отыр. Ал Жетісу өңіріндегі өзендерге 1800 мегаваттық 158 нысан салуға мүмкіндіктің бар екендігі айтылып жүр. Ал облысымыз бойынша энергия тапшылығы 700 мегаватты құрайды. Осы кемшілікті болдырмаудың бірден-бір жолы өңірдегі жаңартылған энергия көздерін дамыту. Бұл орайдағы жоба-жоспарлары да ауқымды. Жаңадан іске қосылған «Лепсі–2» су электр стансысы соның негізінде жасалынып отыр. Жобаға 4 млрд. теңгеден астам қаржы жұмсалған. Нысанның қуаттылығы 17 мегаватт. Бұл өңірдің энергия көзіне деген сұранысын айтарлықтай азайтады. Нысанда қуат өндіретін 4 генератор орнатылған. Ондағы жұмыстың денін компьютер атқарады. Бүгінде осы нысанда жұмыспен қамтылған 30-ға жуық адам компьютердің көмегімен судың деңгейін, қуат беру көлемін қадағалап отырады. Демек, осындай заманауи нысан енді тәуелсіз елдің ертеңгі болашағы үшін жұмыс атқарады.

Мұндай қуаныш алдағы уақытта да көбейе түспек. Облысымызда 23 шағын су, 6 жел және 2 күн электр стансысын салу жоспарда бар. Яғни, осы жобалар арқылы баламалы қуат көздерін тұтыну қарқыны артып, электр қуатын өндіру ісі де қалыпты жүйеге түспек.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «25 жұлдызды күн» аясында облысымызда бір күнде 25 заманауи балабақша ашылды. Қаратал ауданы, Үштөбе қаласында «Нұрлы Жол» бағдарламасымен салынған балабақшаның ашылу салтанатына облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысты. «Балбөбек» балабақшасы 320 орынға арналған. Мекемеде 16 топ бар. Мұнда 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар қабылданады.



Бір күнде 2385 сәби балабақшаға барды

Гүлжан ТҰРСЫН

– Бүгін Тұңғыш Президент күнінің қарсаңында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай 25 балабақша ашып отырмыз. Бұл облыс тұрғындары үшін аса маңызды әрі үлкен шара», – деді Амандық Ғаббасұлы. Мұнан соң облыс әкімі Мемлекет басшысының балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту туралы тапсырмасын орындау барысындағы өңірде ауқымды жұмыстардың атқарылып жатқанын атап өтті.

Облыс бойынша бүгінде 64,2 мың бала мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие алуда. Өңірде 182 мемлекеттік, 288 жекеменшік балабақша жұмыс істейді. Сондай-ақ, 433 мектеп жанындағы шағын орталық бар. Осы күні ашылған 25 балабақшаның басым бөлігі Алматы қаласының маңындағы халық тығыз орналасқан аудандарда. Аталған балабақшалар іске қосылғанда облыста 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі мекемемен қамту деңгейі Жамбыл ауданында – 94,2 пайыз, Талғар ауданында – 89,0 пайыз, Панфиловта – 85,1 пайыз, Іле ауданында – 84,1 пайыз, Еңбекшіқазақта – 82 пайыз, Талдықорған қаласында – 87 пайыз көрсеткішке жетті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары облыста мектепке дейінгі мекемелер саны 47 болса, бүгінгі күні 903-ке жеткен. Балаларды балабақшамен қамту деңгейі 3,1 пайыздан 87 пайызға дейін өсті. Мұндай сапалық көрсеткішке мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігін қолдану арқылы қол жеткізілді. Биыл облыста барлығы 97 балабақша ашылса, оның 88-і жекеменшік.

«Балбөбек» балабақшасында білім беру қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Балабақшаның ерекшелігі, мұнда арнайы оқу бағдарламасымен жұмыс істейтін екі топ ашылған. Бір топ – инклюзивті негізде дәріс береді. Яғни, мамандар тілінде мүкісі бар балалармен жұмыс жүргізеді. Екіншісі, жиі ауыратын балаларды сауықтырумен айналысатын санаторлық топ.

Салтанатты шара барысында облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы балабақша ғимаратын аралап көрді. Екі қабатты ғимараттағы музыкалық және гимнастикалық залдар ең соңғы үлгідегі құралмен жабдықталған. Мекемеде ойын залы, жатын бөлме, медициналық кабинет, психолог, логопед бөлмелері, физиотерапия кабинеттері бар. Аула түрлі ойын футбол, баскетбол, алаңдарымен қамтылған.

Балабақшаның ашылу салтанатында облыстың бірінші басшысы балалардың әзірлеген концертін тамашалап, оларға ойыншықтар сыйға тартып, естелік суретке түсті.

Сәрсенбінің сәтінде Жаңашар ауылының тұрғындары жақсы жаңалықтың куәсі болды. Аталған елді мекенде 150 бүлдіршінге арналған «Раяна» атты балабақша пайдалануға берілді. Ендігі жерде бұл ауылда тұрмыстық-әлеуметтік жағдайға байланысты толғандырып келген бірқатар мәселе оң шешімін табады.

Жағымды жаңалық

Болат МӘЖИТ

Аудан әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Құдайбергенов балабақшаның ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде мұндай нәтижелер ел дамуының жаңды көріністерінің бірі екеніне тоқталды.

– Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық кезеңінде бір ғасырда игерілетін мүмкіндіктерге қол жеткізе алдық. Соның бәрі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сара саясатының жемісі. Тәуелсіздікті алғаннан, оны нығайту әлдеқайда қиын екенін уақыт көрсетті. Халқымыз осындай сындарлы кезеңдерден абыроймен өтіп келеді. Оның бірқатар мысалдары біздің өңірге де тән. Бүгінгі 150 орынды балабақшаның көпшілік игілігіне айналғаны соның дәлелі, – деді Нұржан Кеңесұлы.

Жаңашар ауылында 8000 тұрғын бар. Егер оны 2013 жылғы көрсеткішпен салыстырсақ, 2000 адамға көбейгенін аңғарамыз. Бұл өңірде 13 ұлттың өкілі татутәтті, бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай жарасымды өмір сүріп жатыр. Қазіргі таңда Еңбекшіқазақ өңірінде 43 балабақша бар. Оның 28-і мемлекеттік мекеме, 15-і жеке сектордың қарауында. Барлығына талап бірдей. Халыққа қызмет көрсетудің сапасы уақыт өткен сайын жақсарып келеді. Биыл – аудан үшін жемісті жыл болды. Шелек ауылында 280 орынды балабақша бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Осы күні Есік қаласының батысындағы іргелі елді мекен – Түрген ауылының тұрғындары да осындай қуанышқа кенелді. Жергілікті кәсіпкер Айсұлу Далмурадованың құрылтайшылық етуімен «Санел» атты 50 орынды балабақша бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Ауандағы осынау қос қуаныш ел мерейін арттырады .

Еңбекшіқазақ ауданы.

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Нұр Отан» партиясының Алматы облыстық филиалы салтанатты жиын өткізіп, партия қатарына жаңа мүшелер қабылдады. Партия ардагерлері, облыстық, аудандық, қалалық мәслихат депутаттары, аумақтық партия филиалдарының бірінші орынбасарлары, облыстың беделді азаматтары, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, ақындар мен әншілер, «Жас Отан» жастар қанатының, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан салтанатты шарада өңірдің өркендеуіне үлес қосқан партия белсенділері Алғыс хатпен және сыйлықтармен марапатталды.

БЕЛСЕНДІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Алғашқы болып мінберге көтерілген «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев көпшілікті 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күнімен құттықтап, еліміздің табысты да жеңісті күндерінің көп болуына тілектестік білдірді.

– Жуырда ғана Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Декларация қабылдады. Сонымен қатар, еліміздің жетекші саяси партиялары, Қазақстан халқы Ассамблеясы, ірі қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен өткен Демократиялық күштердің «Қазақстан – 2050» жалпыұлттық коалициясының отырысында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясын қолдаған Үндеу жарияланды. Үндеуде тәуелсіздік жетістіктері – Қазақстанның Тұңғыш Президентінің көшбасшылығы мен қол жеткен жалпыұлттық бірлік, барша қазақстандықтардың жанкешті еңбегі мен ынта-жігері атап өтілді, – деп еліміздің 25 жылдың ішінде жеткен жетістігіне тоқталып өтті. *– Біз Елбасы ұстанған бағыт-бағдардың қолдаушысымыз және оны жүзеге асыруды мақсат еткен ұлы күшпіз, іргелі істерді, ұлы мақсаттарды алға апарушы, халықтың мұң-мұқтажын билікке жеткізуші дәнекерлерміз. Партияның атына нұқсан келтірмеу үшін әрбіріміз өз ісімізге асқан жауапкершілікте болып, қабылданған Декларацияны қолдаймыз.*

Одан соң мінберге көтерілген партия ардагері, Алматы облысының Құрметті азаматы Светлана Гаитова, Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы Алматы облыстық комитетінің хатшысы Сәуле Бигарова, облыстық болгар этномәдени бірлестігінің төрағасы, облыстық Саяси кеңес мүшесі Дария Яруполова, құқық қорғау саласының ардагері Құдайберген Иманғали, Талдықорған қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің ұстазы Ерік Сейдахметов, осы мектептің 9-сынып оқушысы Аружан Жамалбек сынды партия белсенділері көпшілікті мерекемен құттықтады.

Салтанатты шара аясында партия қатарына қабылданған 25 адамға мүшелік билет тапсырылып, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммедтің Құрмет грамотасымен 7 адам, облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаевтың Алғыс хатымен 7 адам марапатталды. Марапатталушылар қатарында әріптестеріміз, облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Мәди Алжанбай мен «Огни Алатау» газетінің тілшісі Хасан Еспанов бар.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



Суретті түсірген Д.ЕРОФЕЕВ.

Тұрғындар қуанышын тасытты

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы жақындаған сайын еліміздің әр түкпірінде жан жадыратарлық жағымды жаңалық көбеюде. Әлеуметтік-экономикалық ахуалымыз артып, халықтың игілігіне қызмет ететін жаңа нысандардың бой көтеруі ауылдарды жәрландырып, қалаларды көріктендіруде. Соның дәлелі ретінде жыл сайын халық саны еселеп өсіп отырған Талғар қаласының жаңа ықшамауданынан заманауи талапқа негізделген «Премиум Талғар» жекеменшік балабақшасының ашылуы дер едік.

Ұлбосын ИСАБЕК

Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні қарсаңында талғарлық тұрғындардың қуанышын тасытқан бұл шараға аудан әкімінің орынбасарлары Дәрменияж Алғатбекұлы мен Әбдіғали Тойбаев, «Нұр Отан» партиясы Талғар аудандық филиалы төрайымының орынбасары Мейрамгүл Сағымжанқызы қатысты.

– Ауданымызда «Балапан» бағдарламасының орындалуын жүзеге асыру үшін мектепке дейінгі мекемелерді енгізу кестесі жасалған, осы бағытта ауданымызда жанжақты жұмыс жүргізілуде. 2010 жылдан бастап бүгінге дейін аталған бағдарлама бойынша ауданымызда мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында шағын орталықтар мен жекеменшік балабақшаларды ашу арқылы 5580 қосымша орын берілді. Оның ішінде «Балапан» бағдарламасымен 50 жекеменшік балабақша ашылып, 5 мыңға жуық бала тәрбиеленуде, – деді салтанатты шарада сөз алған аудан әкімінің орынбасары Әбдіғали Тойбаев. – Міне, бүгін Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні қарсаңында ауданымызда айтулы мереке болып отыр. Осы кең сарайдай балабақшаның ашылуына іскер азаматымыз, жеке кәсіпкер Ғани Чаймерденов тікелей атсалысып, бас-аяғы бірер жылдың ішінде пайдалануға ерен еңбек сіңіргендігіне зор ризашылығымызды білдіреміз, – деген аудан әкімінің орынбасары құрылыс жұмыстарын жоғары сапада жүргізген серіктестік басшысына аудан әкімінің Алғыс хатын табыс етті.

Қуанышты күнге кішкентай бүлдіршіндер ән-биден, ал әжелер тәттілерімен шашу шашты. Салтанатты түрде лентасы қиылып, меймандар ғимараттың ішкі жағдайымен танысты.

Дәл осы күні аталған ауданда барлығы 10 балабақша ашылып, іске қосылғандығын зор мақтанышпен атаймыз.

Талғар қаласы.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасы судьяларының кезектен тыс VII съезі өткені баршаға аян. Съезде Ұлт жоспарын жүзеге асырудың нәтижелері мен судьялардың соңғы құрылтайында сөз болған міндеттердің орындалуы және сот жүйесін одан әрі дамытудың өзекті мәселелері қаралған болатын.

ТЫҢ МІНДЕТТЕР ҚОЙЫЛДЫ

Аталған жиынға еліміздің әр өңірінде сот саласында қызмет ететін 600-ден астам делегат пен әлемнің 11 елінен сарапшылар, судьялар корпусының өкілдері, Парламент депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері, заңгерлер қауымдастығының, халықаралық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдары мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Мемлекет басшысы Тәуелсіздік жылдары елімізде жүргізілген іргелі реформаларға сәйкес қазіргі заманғы сот жүйесін қалыптастыруға айрықша көңіл бөлінгеніне тоқталды. «Сот реформасының түпкі мақсаты – судьялардың адалдығы мен кәсібилігі, әділдік және әділ сотқа қолжетімділік болып саналатын тәуелсіз және сатылмайтын сот билігі», – деп ерекше атап өтті Нұрсұлтан Әбішұлы.

Ұлт жоспарын жүзеге асыру барысында сот жүйесінде түбегейлі жаңартулар орын алды, сот жүйесінің көпсатылығы жойылып, инвестициялық даулар жөніндегі сот өндірісі енгізілді, IT-технологиялар негізінде барлық сот залдарына аудио және бейнежазба орнатылып, алқа билер сотын қолдану аясы кеңейді, судьяларға қойылатын талаптар барынша қатайтылды. Осы игі істер сот төрелігін атқару бойынша соттардың тұрақты және тиімді жұмысын қамтамасыз етіп, нәтижесінде тәуелсіздік жылдары ішінде заңдардың пәрмеңділігіне және тұлғалардың заң шеңберінде өз мүдделерін қорғай алатынына қоғамның сенімділігін ұлғайтты.

Судьялардың кезектен тыс VII съезінде Судьялық әдеп кодексінің жаңа жобасы талқыланып, республиканың судьялар корпусының өкілдері оны бірауыздан қабылдады. Жалпы, 15 баптан құралған судьялық әдеп кодексінде жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялар үшін әдеп қағидалары нақты көрсетілген. Яғни, этикалық кодекстің талабын бұзған судья тәртіптік жауапкершілікке тартылып, этикалық норманы бұзу фактісі сот төрағаларының, тұлғалардың өтініштері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдар бойынша сот қауымдастығының өкілетті органының шешімімен анықталады. Ал сот төрелігін атқару қызметіне ықпал ету немесе аралау фактісі болған жағдайда судья сот төрағасына және құқық қорғау органдарына хабарлауға міндетті. Судьяға мемлекеттік мүлік пен қызметтік куәлігіне ұқыпты қарау, азаматтық құқықтарын адал пайдалану және азаматтық міндеттерін орындау жүктелген. Кодексте судьяның мінез-құлқына қатысты негізгі шектеулер белгіленген.

Сонымен қатар, съезд барысында Судьялар одағының Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар қабылданып, Ревизиялық комиссияның есебі талқыланды. VII съезде Қазақстан Президенті сот корпусының алдына қойылған 5 негізгі міндетті атап өтті: заң үстемдігін қамтамасыз ету, әлемдегі жетекші отыз елдің қатарына ену, лайықты судьялар корпусын қалыптастыру, елдің бүкіл аумағын заңдылықтың бірегей сот тәжірибесімен қамтамасыз ету, судьяларға қатысты жүктемелерді төмендету.

Азаматтар, шағын және орта бизнес өкілдері және шетелдік инвесторлар тарапынан сот төрелігіне деген сенімділікті жоғарылату, тұрғындардың заңдық сауатын арттыру мақсатында қазақстандықтар арасында құқықтық түсіндірмелі жұмыстарды жүргізу қажеттілігі, бітімгершілік үрдістердің тиімділігін жоғарылату сияқты басқа да міндеттер қойылды.

Жоғарғы Соттың Төрағасы Қайрат Мәми: «Ел Президенті сот жүйесін одан әрі дамытудың басым бағыттарын айқындады. Алда ауқымды жұмыс күтіп тұр. Ең алдымен, сот жүйесінің беделін және қоғамның оған деген сенімін арттыру үшін бар күш-жігерімізді салу қажет», – деді.

Судьялардың қызметі Тәуелсіздігімізді нығайтуға, халқымыздың ынтымақтастығын сақтауға, соттың халық алдындағы беделін күшейтуге, қоғамның сотқа деген сенімін ұлғайтуға, соттардың жұмысын жаңа сапалы деңгейге көтеріп, сот жүйесін негұрлым кәсіби, ашық, қолжетімді етіп, еліміздің кез келген азаматының заңды мүдделерін сотта қорғауға бағытталуы тиіс.

Мейрамбек ТАЙМЕРДЕНОВ, облыстық сот төрағасы.

Балғындар мекені есік ашты

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ айқындап берген егемен елдің еңсесін биіктетер «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындауда бірқатар мәселе оң шешілуде. Соның дәлелі ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай Іле ауданының өзінде 7 балабақша ашылды. Жалпы ауданда 8 мемлекеттік, 72 жекеменшік балабақша мен 5 мектепалды даярлық орталықтары бар. Онда бүгінгі күні 8036 бүлдіршін тәрбиеленуде. Жаңа оқу жылының өзінде 23 балабақша бой көтерген. Өтеген батыр кенті, «Гүлдер» шағын ауданында «Болашақ кемеңгер – 2» жекеменшік жаңа балабақшасының ашылу салтанаты өтті.

Мақпал МЫСА

Екіқабатты ақ шаңқан әсем ғимараттың ашылуына облыстық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы, облыстық мәслихаттың депутаты Әсет Қыдырманов және Іле ауданы әкімінің бірінші орынбасары Дәурен Жүнісов қатысты. Әсет Серікқалиұлы осы атаулы күнде облыс бойынша ашылған 25 балабақшаның бірқатары Іле ауданында бой көтеріп жатқанын, Елбасының 2020 жылға дейін балабақшамен қамтамасыз етуді 100 пайызға жеткізу тапсырмасын 87 пайызға орындап отырғанын, жеке кәсіпкерлерге де мемлекет тарапынан көптеген қолдау, көмек көрсетіліп жатқанын тілге тиек етіп, жаңа балабақшаның ашылуымен құттықтады. Игі дәстүрмен лентасы қиылып, шашу шашылған қуанышты сәттен кейін қонақтар ішке кіріп, балғындардың концерттік бағдарламасын тамашалады.

Төрт топты қамтыған жаңа білім ордасы 100 баланы қабылдап отыр. Мұнда логика, логопед, ментальді арифметика сияқты заманауи оқу бағдарламалары оқытылып, бәсекелестік қабілеттік қалыптастыруда. Ата-аналар атынан сөз сөйлеген Индира Сүлейменова балалары үшін ашылған балабақшаның басшылығы мен тәрбиешілер қауымына сенім артып, алғысын білдірді.

Іле ауданы.

«ТӘУЕЛСІЗДІК ПОЙЫЗЫ» Талдықорғанға келді



Тәуелсіздіктің 25 жылында жеткен жетістіктерді, береке мен бірлікті, ынтымақты тірлікті насихаттауды мақсат еткен «Тәуелсіз Қазақстан» пойызы Талдықорған қаласына келді. Қараша айының басында Елбасының тапсырмасымен Астанадан шалғайдағы елді мекендерге аттанған ақпараттық керуеннің құрамында заңгер, дәрігер, банк қызметкерлері мен бірнеше министрліктің және ұлттық компанияның өкілдері бар. Екі жүз елу адамнан құралған жылжымалы көмек керуенінің мүшелері аялдаған өңірлерде халыққа ақпараттық кеңес беріп, мемлекеттік бағдарламалардың бағытын түсіндірді.

Қажет АНДАС

Талдықорғандықтар ақпараттық топты айрықша ықыласпен қарсы алды. Пойыз келіп тоқтаған соң шағын митинг ұйымдастырылып, жетісулық өнерпаздар дайындаған концерттік бағдарлама ұсынылды. Ақ жаулықты аналар шашу шашып, дария кеуде қариялар ақ тілегін жаудырса, ұлттық тағамдарды ұсынған бойжеткендер өңірдің қонақжайлығын танытты. Осындай қуанышты сәтте сөз алған облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар аталмыш шараның маңызына, бұл сапардың қазақстандықтардың болашақ үмітін бір арнаға тоғыстыратынына айрықша тоқталды. Ал ақпараттық топ жетекшісі Әміржан Әлпейісов пен облыстық басқарма, мекеме басшылары жүрекжарды лебіздерімен бөлісті.

Бір жарым ай ішінде пойыз 30-дан астам елді мекенді аралап шықты. Сапар барысында азаматтар қоғамдық қабылдауға қатысып, ойландырып жүрген сұрақтарына жауап алды. Бұл игілікті жағдай Талдықорған қаласында да жалғасын тапты. Яғни, осы күні ақпараттық топ өкілдері Достық үйінде облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері және этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен кездесіп, «Тәуелсіздік – тұғырым!» атты форум өткізді. Сондай-ақ, өңірлік коммуникациялар қызметінде әлеуметтің әлеуеті, Талдықорған политехникалық колледжінде білім саласындағы мәселелерді талқылауға арналған семинар-кеңеске қатысты. «Нұр Отан» партиясы Талдықорған қалалық филиалының ғимаратында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізсе, облыстық тұтынушылардың құқығын қорғау басқармасында денсаулық сақтау саласындағы игілікті жетістіктерді қорытындылады. Осындай мазмұны мен мәні жарасым тапқан шара аясында қалалықтарға «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасына қатысу, қызметкерлердің еңбек құқығын қорғау, зейнетақымен қамтамасыз ету, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, ауылшаруашылығын өркендету және құқық қорғау мәселелері бойынша ақыл-кеңес берілді.

Әсіресе, тұтынушылардың құқығын қорғау мен тегін медициналық көмек көрсету барысындағы атқарылған жұмыстар жұрттың көңілінен шықты. «Тәуелсіз Қазақстан» пойызының медициналық тобының жетекшісі Батырхан Сарымсақовтың айтуынша, ақпараттық топтың құрамындағы медицина саласының қызметкерлері бүгінге дейін 10 мыңнан астам науқасты қабылдап үлгеріпті. Оның ішінде 2800 бала, 750 адам ғылыми-зерттеу орталықтарына жіберілсе, 3 мыңнан астам адам жергілікті орында ем алуға қалдырылған. Талдықорған қалалық ауруханасында жарты күнде бірнеше адамды қабылдап, медициналық көмек көрсетті. Бұл жақсылықтың шарапатын сезінген қала тұрғыны Ақлия Нұрбабанованың көңілі қуанышқа толы. Өйткені, бұған дейін сырқатының себебін толық біле алмай келген ол тәжірибелі дәрігердің тексеруінен кейін нақты диагнозын білгенін айтып берді. Медициналық тексеруден Ақлия апамыз сияқты көңілді қайтқандардың қатары көп болды.

Осындай шара Матай, Достық, Сарыөзек стансыларында да жалғасып, жетісулықтардың ықыласына бөленді.

(Соңы. Басы 1-бетте).

БОЛАШАҚ БАҒДАРЫ БҮГІННЕН

Оған дәлел аудан әкімі Ғалым Тоқпейісовтің өткен 10 айдағы өркенді істерді көрсетуі. Балқаштықтар мал шаруашылығын дамытуды қолға алған. «Өтес Био-Азия» ЖШС, «Динара Ранч» ЖШС, «Жақсылық» шаруа қожалығы экономикаға елеулі үлес қосуда. Келер жылы жылыжай өндірісін дамыту қолға алынбақ. Сол жолда Бақбақты ауылдық округінде көлемі 0,14 га. болатын жерде 2 жылыжай құрылысы аяқталып, іске қосылмақ. Қарасай ауданында жалпы ауылшаруашылық өнімдері ағымдағы жылдың аяғына дейін 41,7 млрд. теңгені құрайды. Мемлекеттік «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық», «Ырыс» бағдарламалары жоспар бойынша 100 пайызға орындалған. Келер жылға қойылған жоспарлар да жүйелі. «Асыл арман» тұрғын үй кешеніне 5000 бала тұратындықтан жеке мектеп салу қолға алынбақ. Сондай-ақ, кептеліс тудыратын жолдарға жаяу жүргінші өткелін салу жоспарда бар. «Алсад» ЖШС құс фабрикасы кеңейтіліп, «Азияагрофуд» фруктоза шығару зауыты салынбақ. Сондай-ақ, тағы басқа да кәсіпорындардың құрылысы қолға алынбақ. Алакөлдіктердің өткен 10 айдағы көрсеткіштері көңілге қонымды. Алдағы жылы туризм саласына едәуір көңіл бөлінбек. Теміржол стансысы мен аэропорт құрылысы қарқынды жүргізілмек. Көксу ауданы Балпық би ауылында «Олимп Көксу» ЖШС-ның құрылысқа арналған құрғақ қоспалар мен газоблоктар шығаратын зауыттың құрылысы аяқталған. Сондай-ақ, сплитерлік блоктар шығаратын «Есмұрзаев» ЖК цехының құрылысына 1 га. жер бөлінген. Алдағы уақытта өнеркәсіп алаңының бос жатқан 4,7 га жеріне тағы 3 кәсіпорын салынбақ. Мұқаншы ауылдық округінде көкөніс сақтау қоймасы мен Балпық би ауылында 2 га. жерге заманауи жылыжай құрылысын жүргізу жоспарда бар. Қуантарлығы, инвесторлармен келісім басталып кеткен. Ауданға берілген 15 тапсырманың 7-еуі орындалып, 3 орындалуда, ал 5 тапсырма орындалмаған. Облыс басшысы аудан әкімі Алмас Әділге жабайы сауданы жоюды қатаң тапсырды. Балалардың білім ордасынан өзге ғимаратта білім алуын болдырмас үшін мектеп салып беруге қолдау көрсетіп, қаржы бөлетінін жеткізді.

Облыс әкімінің тыңдауында ескерту алған аудандар да болды. Кербұлақ ауданында 2017 жылы «Каз Атомпром Гельюс стратегия» кәсіпорны құны 29,2 млрд. теңге болатын 50 МВт. күн электр стансысын салады. Сондай-ақ, Көктал өзенінде қуаты 50 МВт. ГЭС, «Ала цем» ЖШС цемент шығаратын зауыттың құрылысын бастамақшы. Дегенмен, ауданда кәсіпкерлермен жұмыс істеу бәсеңдеп қалған. Осыған орай облыс басшысы аудан әкімі Бағдат Әлиевке бірталай тапсырмалар берді. Еңбекшіқазақ ауданында «Нұрлы құс» ЖШС, тәулігіне 2 мың литр шырын шығарып, сұрыптайтын «Apple World» ЖШС, сол сияқты Түрген ауылында қуаты 1,4 МВт. болатын 70 млн. теңге инвестиция тарту арқылы ГЭС іске қосылмақ. Аудан әкіміне өнеркәсіп саласын дамыту, ірі кәсіпорындар ашу, инвесторлар тарту, туристік саланы дамыту тапсырылды.Талғар ауданы келер жылы өсімдік және мал шаруашылығының өнімдерін шығару көлемін өсіретінін айтты. Дегенмен, ауданда ауылшаруашылығы мен туризм саласы ақсап тұр. Осыған орай ауылшаруашылығында жалпы құны 10,2 млрд. теңге болатын, 269 жұмыс орнымен 10 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Ескелді ауданында өндірілген ауылшаруашылығы өнімінің көлемі он айдың ішінде 19,8 млрд. теңгені құрап, жоспарлы межені 1,5 млрд. теңгеге артық орындағандарын айтты. Дегенмен, ескелділіктер әлі күнге ескі ғимаратта отыр. Мектеп, балабақша, аудан әкімдігі ғимаратының керегесі айырылып, әбден тозған. Осыған орай, облыс басшысы орынбасарларына ауданға арнайы барып әр мекемесін тексеріп қайтуды тапсырды. Тау етегіндегі Текелі қаласында туризм дамуы төмен. Өткен 10 айдың қорытындысы бойынша бірнеше жұмыстар жасалған. Қала әкімі Бақтияр Өнербаев облыс басшысынан мүгедектерге арнайы ғимарат сатып алуға, сондай-ақ, қалалық ескі ғимаратты жаңғыртуға көмек сұрады. Қаланың шешілмеген түйіндері әлі де көп. Осыған орай облыс басшысы Текелінің бүгінгі ахуалын тексеріп қайтуды орынбасарларына тапсырды. Облыстың бас шаһары Талдықорған қаласы да күн өте түрленіп келеді. Келер жылға қойылған жоспарлар орындалса, Талдықорған адам танымастай өзгермек. Ол үшін атқарылар жұмыс ауқымды. Өңір басшысы қалаға кіреберіс арканы бітіруді, қалаішілік жолдарды жасауды және жаяу жүргінші өткелін салуды жеделдету керектігін тапсырды.

Тыңдау соңында бүгінгінің биігіне ризашылығын білдірген облыс әкімі ертеңгі жұмыстың өзегі мықты болу керектігін қадап айтты. Берілген уәде орындалып, жұмыс бағытының айқын болу керектігін ескертті. Әлеуметтік сала нысандарының құрылысы, арық жүйелеріне, мәдениет және денсаулық сақтау салалары нысандарына күрделі жөндеу жүргізу, жол жөндеу сынды жұмыстар сапалы болуын талап етті. Халық үшін нәтижелі көрсеткішке жұмыс істеу керектігі қатаң тапсырылды.

ЖАРИЯ ТЫҢДАУ

Тариф жобасы талқыланды

Ардагерлер үйінде ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің облыс бойынша департаментінің ұйымдастыруымен жария тыңдау өтті. Онда «Жетісу Энерготрейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызметкерлерінің қатысуымен алдағы жылы электр қуаты бағасының көтерілу себептері талқыланды.

Жалпы жария тыңдаудың мақсаты – ашықтықты және тұтынушылар мен электр қуаты саласында реттелетін нарық субъектілері мүдделерінің теңгерімін сақтау, сондай-ақ, тарифтерді қалыптастырудың шынайылығын қамтамасыз ету. Шараға аталған департамент басшысының міндетін атқарушы Гүлнар Шарапиева төрағалық етіп, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС директоры Айбек Күзембаев хабарлама жасады. Ол серіктестіктің негізгі қызметі мен алдағы міндеттерін және тұтынушыларды электр қуатымен қамтамасыз етуде атқарып жатқан жұмыстарын баяндады. Сондай-ақ, бірінші қаңтардан бастап электр қуатымен жабдықтау қызметіне бағалардың өсу себептерін түсіндірді.

Жиынға пәтер иелері кооперативінің төрағалары қатысып, осы мәселеге қатысты көкейкесті сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

16 ЖЕЛТОҚСАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ

АЗИЯНЫҢ КІНДІГІ

Халқымыз талай қан кешу күндерді бастан өткеріп, асу бермес белестерді бағындырды. Жаратқан Алла Тағаланың бұйрығы, тағдыры болар жылқы мінезді халқымыз осы күнге аман-есен жетіп, өсіп-өніп, керегесі кеңейіп отыр.

Құдайға шүкір, қылышынан қаны тамған патша әскері мен қызыл коммунистер қырғынынан аман-сау қалып, солақай саясаттың кесірінен әдейі ұйымдастырылған аштықтан әупірімдеп жан сақтадық. Көрген азап пен бастан өткерген қиындық ұмытылмайды, әлі күнге дейін тартқан зардың зардабын көргендер табылып қалады. Атаны баладан, баланы әкеден айырған Екінші дүниежүзілік соғыстың сұмдығын көрген куәгерлер арамызда. Одан кейінгі тың игеру жылдарында қазақтың құйқалы даласын қопарып, атом бомбасын жарған кеңестік идеологияға лағнет айтамыз. Жасағанға шүкірлік, соның бәрінен өткен еліміз бүгінде әлем танған мемлекетке айналды. Халықаралық қауымдастықтар мен ұйымдар санасатын іргелі ел – Қазақстан Республикасының ғұмыры ұзақ, байрағы биік болсын!

Кейде өткенді ойлап, келешекке көз салатын кездерде қазақ халқының тағдырына жазылған барлық қиындықтар мен ауыртпалықтар өткендей, енді ата-бабалар арманға балаған, мақсат еткен жерұйық мекен орнағандай көрініп кетеді. Сондайда желмаясына мініп, жер кезген Асанқайғы бабаны алаңдатқан, уайымдатқан құнарлы, қасиетті, киелі Жерәлемдік картадан менмұндалап көрінетін Азияның кіндігі – Қазақстан Республикасының аумағында екендігін құққандай боласың. Шүкірлігімді айтып, ата-әжелеріміз, әке-шешелеріміз армандаған Тәуелсіз Елдің, Мәңгілік Елдің, Ұлы Дала Елінің жұлдызы биік болса екен деп тілеймін Жаратқаннан. Өйткені, біз бүгінгі күнге бабалар жасаған ақ тілекпен, ақ батамен жеттік. Ендеше, біз де келешек ұрпақ үшін дұға етейік, болашаққа жақсы тілек жолдайық!

Совет ОРАЗАЕВ,
Алматы облысы мен Райымбек ауданының Құрметті азаматы.

ЕҢБЕК. ОТБАСЫ. ҚҰТ-БЕРЕКЕ

ҚҰТ ҚОНҒАН ОШАҚ

Әрбір отбасы өзінің ақ сақалды қариясы, ақ самайлы кейуанасы, асқар таудай әкесі мен ақ жаулықты анасы барда бақытты әрі қазыналы. Олар барда ұлтымыздың отбасылық құндылығы ешқашан да құлдырамасы анық.

Отбасы деген мемлекеттің шырағданын сөндірмеу әрбір жанның міндеті мен парызы. Менің қолыма қалам алуыма себепкер болған Талдықорған қаласында тұратын шаттыққа толы, берекесі мен бірлігі жарасқан Сапарғалиевтар отбасы. Бұл әулет ұстаздардың ұлы көшін бастап келе жатқанымен де ерекшеленеді. Мұндай шаңырақ біздің Мәңгілік Еліміздің мүддесі жолында да көпке үлгі болары сөзсіз.

Қасиетті қара шаңырақтың берекесі мен ырыс-құтын асырып, келген қонағына барын салып, шын көңілімен, таза ниетімен ақ дастарқан жаюдан жалықпаған ұл-қыздарының асыл анасы, немерелерінің аяулы әжесі болған Керімбала апайды ерекше атап өтуге болады. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиелеуге, сапалы білім беруге арнаған ұлағатты ұстаз күні бүгінге дейін кітап, газет-журналдарды оқып, телеарнадағы барлық жаңалықты құр жібермейді. Қолы қалт етсе болды, матадан құрақ құрауға кіріседі. Немере қыздарының төсек-орнына да осы дүниені қосуды дәстүрге айналдырған. Үлкен ет табақтың, шәугім-шәйнектің түбіне қоятын қолөнер бұйымдары көрген жанның көз жауын алады. Бұрынғының көзі болған қарт ананың нақыл сөздер жазатын жеке кітапшасы да бар. Мүмкін бұл артында қалған ұрпағына алтыннан да қымбат қазына болсын дегені болар. Құдай қосқан қосағынан айырылса да балаларына әке орнына әке, ана орнына ана болып келеді. Сол шаңыраққа қонаққа бара қалсақ, ұлттық салт-дәстүр бойынша қуыс үйден құр шығармайды. Әсіресе, ол кісінің пісірген бауырсағы мен кең дастарқаны, дәмділеп асқан бесбармағы, жайған қамыры тіл үйіреді. Өзінің келіндерін де біраз іске үйреткен. Бүгінгі таңда кенже ұлы Марат пен келіні Ұлардың қолында, немере қызығына тоймай өмір сүруде. Елдің амандығын күндіз-түні тілеуден шаршамаған ақ жаулықты анамен сөйлескенімізде өмірдің мәні мен мағынасын тереңнен түсінгендей боласың.

– Өмір расымен де бес күндік. Қарап тұрсақ, бүгін бармыз, ертең жоқпыз. Осындай қамшының сабындай ғана өмірде сыйластықпен араласқанға не жетсін?! Бірақ біз көбінесе дүниеқоңызданып кетеміз. Осы жағынан көпшілігіміз ақсап жатамыз. 17 жасымнан еңбекке араластым. Өмірдің ащысы мен тұщысын тең көрдім. Өмірдегі ең үлкен байлығым – қазақ болып өмір сүргенім, текті халықтың қасиетті жерінде дүниеге келген ұрпақтарым. Біз мәңгілік жасайтын елміз. Ол үшін біз ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Қызымызды қылықты, ұлымызды ұлағатты етіп тәрбелеуге бар күшімізді салсақ деймін. Қызды тәрбиелеу арқылы ұлтты тәрбиелейтінімізді ұмытпасақ екен, – деген ойымен бөлісті.

Шаттықты шаңырақтың бірлігін арттырып, берекесін ұйытып отырған ұлы Марат пен келіні Ұлар да ұлағатты ұстаздар қатарынан. Әрбір істі ақылшысына айналған ардақты анамен ақылдасып, келісіп атқарады. Қазыналы қартын сыйлай білген мұндай отбасыдан бақыт ешқашан жырақ кетпейтіні анық.

Керімбала апай құдай қосқан қосағы марқұм Тілеулі ақсақал екеуі төрт ұл, екі қыз тәрбиелеген. Бәрі де жоғары оқу орнында білім алып, бүгінде ел дамуына елеулі үлес қосып келеді. Олардан 11 немере, 6 шөбере сүйіп отырған ардақты жан. Әдемі қартайған қарияның ендігі тілегі – ел-жұртының амандығы, ұрпағының саулығы.

Гүлнар СЫДЫҚБАЕВА,
Н. Островский атындағы мектептің тарих пәні мұғалімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасында терроризм және экстремизм қауіпіне байланысты хабарларды қабылдайтын бірыңғай тегін **«110 шұғыл желісі»** іске қосылды. Егер Сіз терроризм актілерін дайындау, қаржыландыру, үгіттеу және қаруландыру, радикалды көзқарастағы дәстүрлі емес діни ағым өкілдерін оқыту, терроризм мен діни экстремизм идеологиясын насихаттау және тарату фактілері туралы ақпарат естісеңіз немесе куәгері болсаңыз аталған номерге хабарласуыңызға болады.

ҚҰРЫЛЫС



Ел егемендігін алғалы қай салада болсын тың бастамалар көтеріліп, ауқымды істер атқарылды. Соның ішінде республикамыздың басты қалаларын, ауыл-аймақты көркейтіп, абаттандыру жұмыстары қолға алынды. Нәтижесінде облыста ауқымды жоспарлар жүзеге асып, жемісті жұмыстар жүргізілді. Елді мекендерді айтпағанның өзінде облыс орталығында сәулетіне сәні жарасқан ғимараттар ел еңсесін көтерді. Жаңадан салынып жатқан көрме залы, Салтанат сарайы, облыстық драма театры ғимараттарының да жұрт көңілінен шығатыны анық.

ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Бүгінде облыста құрылыс қарқыны қызып тұр. Өңірде үлкенді-кішілі 642 нысанның құрылысы жүріп жатыр. Олардың бәрі де қатаң бақылауды қажет етеді. Басқарма тарапынан осы жылы лицензиялау және аттестаттау бөлімінде 352 лицензияны алу және қайта ресімдеуге қатысты 352 өтініш қаралып, қанағаттандырылды. Бұл жұмыс барысында кездесіп жататын жағдай. Әрине, елдің әр аймағында облыстық мемлекеттік сәулет-құрылысы бақылау басқармаларының жұмыс салмағы бірдей. Дей тұрғанмен, сапасыздығы салдарынан құлап немесе заңсыздыққа жол бергендігі үшін сүрілген нысандар кезіккен жоқ. Мұны облыс басшыларының қолға алынған әрбір нысанға ерекше жауапкершілікпен қарайтынынан десек, одан кейін құрылыс сапасын, заңдылығын, құрылыс талаптарына сай салынған-салынбағанын үнемі қадағалап отыратын облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасындағы барлық маманның еңбек нәтижесі деуге болады.

Нақтылап айтқанда, облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы мемлекеттік бағдарламалар аясында құрылысы жүріп жатқан, қайта жаңартылатын, күрделі жөндеуден өткізілетін нысандарды, республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын, инфрақұрылым нысандарын, жол сервисін жақсартуды бақылайтын мекеме. Ондағы мамандар Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы», Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қалақұрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес жұмыс істейді.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 46-қадамына сәйкес, құрылысқа рұқсат алудың принциптері келісіліп, рұқсат алу жолдары оңтайландырылды. Құрылысқа рұқсат алудың үш сатылы (30-20-10) қағидаты енгізілді. Қазір осы өзгерісті білмегендіктен туындап жатқан түсініспеушілік жетерлік. Жасыратыны жоқ, кезінде құрылыс жұмысын бастамас бұрын оның жобасын, тағы да басқа тиісті талаптарын орындауда кездесетін қиындықтардан қашып, алдымен үйді немесе басқа да нысанды салып бітіріп, сосын заңдастыру үшін құжаттарын арқалап келетін азаматтар көп кездесетін. Алайда, сол құрылыстар әркімнің өз қалауы бойынша тұрғызылғандықтан сәулеті, сапасы, архитектуралық деңгейі зан талаптарында көрсетілген талаптарға қайшы келді. Кезінде мұндай мәселенің көбін айыппұл есебімен шешім етуге болатын. Қазір заңсыз салынған құрылыстар тұрғылықты өңірдің құрылыс нормасына сай келмесе сүрілеп тасталады немесе қомақты мөлшерде айыппұл салынады. Осы орайда азаматтарға бұрынғыдай жағамызды жайлауға жіберіп, қазақы көңілшектікпен жүре беретін уақыттың өткенін ескерткіміз келеді. Сондықтан, мейлі, қандай да бір нысанды қолға алмас бұрын оның керекті құжаттарын дайындап, одан кейін біздің мекеменің қадағалауында жұмыс атқарғаны жөн. Қысқасы, әрбір азаматтың заңға бағынуы, оны мүлтіксіз орындауы басты талап екендігін естен шығармау керек.

Осы орайда, облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының іздестіру қызметіне, жобалау қызметіне, құрылыс-монтаждау жұмыстарына, үлескерлердің ақшасын тарту есебінен тұрғын үй ғимараттарын салуды ұйымдастыру жөніндегі қызметке, сәулет, қалақұрылысы және құрылыс қызметі саласында сарапшылық жұмыстарды жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттауға, сәулет, қалақұрылыс және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуге лицензия беретіндігін айтқым келеді. Сонымен қатар, 2012 жылдан бастап сәулет, қалақұрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен көрсетілетін инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидасы да өзгерді. Осыған сай техникалық қадағалау, авторлық қадағалау, жобалау, ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеруді жүзеге асыру бойынша аттестат беру жұмыстары жүзеге асырылуда.

Рұқсат және хабарлама беру тәртібін енгізуге қатысты қоғамдық қатынастар, яғни жеке кәсіпкерлік субъектілер және басқа да тұлғалармен лицензия алу Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңымен реттеледі. Барлық лицензия алу тәртібі ізденушілер мен өтініш берушілер, ірі, орта және шағын кәсіпкерлік субъектілері, сонымен қатар шетел компаниялары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы №136 бұйрығында көрсетілген бірегей біліктілік талаптары мен құжаттар тізімдемесі бойынша бекітіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет электронды және (немесе) қағаз түрінде қабылданады. Айтпақшы, әкімшілік бөгет, сонымен қатар, орындаушымен жеке қатынас тудырмау мақсатында лицензия алуға өтінішті қабылдау «Е-лицензиялау» порталы және ХҚО арқылы жүзеге асырылады.

Яғни, әрбір адам, мейлі, үлкен немесе шағын нысан болсын, құрылыс жұмысын бастамас бұрын құрылыс қызметінің субъектілері ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органдарынан жерге құқық беретін шешім алу, сәулет-жоспарлау тапсырмасын (СЖТ), жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу (ЖСҚ), жоба бойынша сараптаманың оң қорытындысын алу, мердігерлік ұйыммен, сонымен қатар, авторлық және техникалық қадағалаушылармен келісім жасау және құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органға беру жолдарынан өтуі тиіс. Сол жағдайда ғана заңмен бекітілген тәртіп арқылы нысан пайдалануға қабылданады. Басқа жағдайларда өз бетінше салынған немесе заңсыз салынған құрылыс нысанын құрылыс салушы тұлғамен немесе шығындарын өздері өтеу арқылы бұзу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 244-бабының 1 және 2-тармақтарымен көзделген. Құрылыс келісілмеген және өз бетімен салынған нысан иесінде бастапқы рұқсат беру құжаттары болмаған жағдайда өз бетімен салынған құрылыс нысанына меншік құқығын тану тек сот жүзінде жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда келешек ұрпаққа арнап салынып жатқан тұрғын үйлердің, балабақша, мектеп, аурухана, автожолдардың, тағы басқа да нысандар құрылысының сапалы салынуы, отандық құрылыс бұйымдарының сапалы қолданылуы бәріміздің ортақ мақсатымызға айналуы керек.

Данияр ӘБДІБЕКОВ,
облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы.

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК

БИІК ТҰҒЫР

Азаттықтың ақ таңы атып, күні шыққалы да 25 жыл болды. Осы күнді көксеген ата-баба аманаты орындалып, тәуелсіздікке қолымыз жетті. Егемендік қазақ елі тарихының жаңа парақтарын ашты. Ширек ғасырда көптеген ауқымды істер атқарылды. Біздер осы жылдар аясында барымызға қанағат, жоғымызға салауат айта отырып, біраз белестерді бағындырдық. Еліміздегі бейбітшіліктің, келісім мен жасампаздықтың арқасында бүгінгі күніміз берекелі болып отыр.

Еліміз санаулы күндерден кейін Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын мерекелейді. Осынау кезең жас мемлекетіміз үшін кемелдікке ұмтылған, ізденістерге толы жылдармен өрілді. Қазақ елінің осы жылдарда тындырған істері қомақты, ауыз толтырып айтарлықтай. Бүгінде әлем елдерінің Елордамыз – Астанаға деген қызығушылығы ерекше. Қазақ елінің қонақжай көңіліне, дарқан даладай пейіліне, ынтымағы жарасқан, татулығы айрандай ұйыған сан ұлтты халқымыздың бірлігіне, еліміздегі тыныштық пен бereкеге олардың таңдана да, таңғала да қарайтыны көңілімізге қуаныш сыйлайды. Қазақстан өзінің жетістіктерімен әлем елдерін мойындатты. Бұл күнде дүниежүзіндегі дамыған елдердің ортасынан өз орнын ойып алғалы отырған қазақ елі тек қазақтың ғана емес, сонымен қатар жүзден астам ұлыстың басын қосқан құтты мекен, ыстық ұя. Әлеуметтік келісімнің арқасында өрісі малға, қамбасы дәнге, отбасы жанға толған, тыныштық пен береке орнаған еліміз жамандықтан аулақ болсын деп тілейміз.

Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған әр жылғы Жолдаулары көкірегінде қазақтың қаны ойнаған әрбір азаматты Отанын сүюге, елі, жері үшін қызмет етіп, қорғауға шақырады. Бір сөзбен айтқанда, патриоттық сезімге жетелейді. Елбасы өзінің 2015 жылғы 30 қарашадағы Жолдауында былай деп атап жазды: «Заманның беталысын өздеріңіз көріп отырсыздар. Аса күрделі, қиын кезеңге аяқ бастық. Жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаһандық ахуал біздің көз алдымызда өзгеруде. Алпауыт елдердің текетіресі мен өзара санкциялар алмасу дүниені тұйыққа қарай бастауда. Біздің басты экспорттық өнімдеріміздің дүниежүзілік нарықтағы бағасы еселеп құлдырады. Бүгінгі ахуал – біздің жетістіктерімізді сынға салып, елдігімізді шыңдай түсетін уақыт тезі. Жауапты сәтте бірлігімізді сақтап, еліміздің игілігі үшін аянбай тер төгуіміз керек. «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» деген қағиданы ұстанып, еңбек етуге тиіспіз». Елбасының осынау сөздері құқық қорғау саласындағы біздердің де мойнымызда үлкен жауапкершілік барын сезіндіре түседі. Біздің Тәуелсіздік мерейтойына тартуымыз – осы міндетімізді абыроймен орындау, қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа, заңбұзушылыққа қарсы табанды күрес жүргізуге қатысты жауапкершілікті барынша күшейту. Сондықтан да Мемлекет басшысының бастамасын қолдай отырып, маңызды міндеттерді жүзеге асыруда белсенділік танытуға, оған ұйымшылдықпен атсалысуға тиіспіз. Елдігіміз бен ұйымшылдығымызға, бірлігіміз бен тірлігімізге нұқсан келтірмей, таза жолмен жүріп, еселі еңбегімізбен өз үлесімізді қосамыз. Сонда ғана Елбасымыз бастаған көштің жарты жолда қалмайтыны, тәуелсіздігіміздің мәңгілік болатыны, жарқын келешегіміздің кемеліне келіп, шығатын тауымыздың биік болатыны айқындала түседі.

Еркебұлан СҮЛЕЙМЕН,
Талдықорған қалалық прокуратурасының бөлім басшысы, кіші әділет кеңесшісі.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 138 (18270)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru Сейсенбі, 13 желтоқсан 2016 жыл.

СЕЛЕКТОР

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың қатысуымен өткен Үкімет отырысында жаңа тұрғын үй құрылысы бағдарламасының тұжырымдамасы қарастырылып, бүгінгі таңдағы азық-түлік бағасының жайы сөз болды. Селекторлық кезекте облыс әкімі Амандық Баталов өңірдің тұрғын үй құрылысы саласындағы табыстарын сөз етті.

ҚР Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев бағдарламаның басым бағыттары – ипотекалық қарыздарды субсидиялау арқылы ипотекалық несие беруді қолдау, құрылыс салушыларды ынталандыру, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банк» салымшылары және әкімдіктерде кезекте тұрған азаматтар үшін несиелік тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайтуға қатысты жаңалықтармен бөлісті. Сондай-ақ, бағдарлама аясында халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйдің өңірлік қорын құру, қажетті инфрақұрылым жүргізу арқылы жеке тұрғын үй құрылысын дамыту жоспарланған. Алдағы уақытта жеке тұрғын үй құрылысы жаңа бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижесінде 1,5 млн. шаршы метр тұрғын үй салынатын болады.

Осыған байланысты бірқатар облыстың әкімдері өз ұсыныстарын айтты. Амандық Ғаббасұлының айтуынша, қазір облыста мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй алуға 34 мыңнан аса азаматтың өтініші тіркелсе, тұрғын үй салу үшін жер телімін алуға 140 мыңнан астам тұрғын өтініш берген. Жылдар бойы істелген жұмыстың нәтижесінде көптеген тұрғын баспаналы болып, мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көрді. Алдағы уақытта да бұл жетістік еселене түспек. Ал жаңа тұрғын үй Тұжырымдасы Жетісу өңіріндегі тұрғын үй құрылысы саласын өркендетуге серпін бермек.

Үкімет отырысы барысында әлеуметтік мәні бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша да шаралар қарастырылды.

Қ. ОМАРАҚЫН.

«Қазақстан – 2050» демократиялық күштердің облыстық коалициясының «Ұлт жоспары «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы – Қазақстанның даму жолы» тақырыбында отырыс өтті.

СЕРПІНДІ ЖҰМЫС КӨЗДЕЛДІ

Шараны «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, аймақтық коалиция төрағасы Ғалиаскар Сарыбаев жүргізді. Кездесуге «Ақ жол» демократиялық партиясы облыстық филиалының төрағасы Мейраш Шынасылова, Қазақстан халықтық коммунистік партиясы облыстық комитетінің бірінші хатшысы Сәуле Тасқынбайқызы және облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт сынды өңірлік коалиция мүшелері қатысты.

Жиын барысында ұйым мүшелері биылдың 23 қараша күні Парламент палатасының бірлескен отырысында қабылданған «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясы» туралы ой-пікірлерімен бөлісіп, келісімді бірауыздан қолдайтындарын жеткізді.

Осы орайда «Ақ жол» демократиялық партиясы облыстық филиалының төрағасы Мейраш Шынасылова сөз алып, тәуелсіздіктің берекелі, қасиетті ұғым екенін, осыдан 25 жыл бұрын Парламент «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңын қабылдағаннан дәл бүгінге дейін Қазақ елі ауыз толтырып айтарлықтай өсіп-өркендеуге қол жеткізгенін тілге тиек етті.

– Бір сөзбен айтқанда, біз осы ширек ғасырда «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясында» баяндалғандай тәуелсіз халқымыздың қуатты және пәрменді мемлекет құру арманын жүзеге асыра алдық. Сол себепті де біз бұл құжатты қолдаймыз, – деді Мейраш Шынасылова.

Бұдан бөлек, отырыста жылдың өзекті мәселелері де назардан тыс қалмады. Солардың бірі – жалғызбасты аналар жайы. Қазірде дәл осы топтың баспана мәселесі күрмеулі. Өйткені, олар жеңілдікпен баспана алатын топтардың ешбіріне жатпайды. Басымдық көпбалалы отбасыларға, ардагерлер, мүгедектер мен жесірлерге берілуде. Міне, осындай түйткілді мәселелерді түбегейлі талдап-талқылап, бірлесе отырып шешу мақсатында «Қазақстан – 2050» демократиялық күштердің облыстық коалициясы мүшелері өзара ықпалдастық жөнінде меморандум жасасты. Бірлесе отырып жаңа бағытта, тың серпінмен жұмыс жасауға уағдаласты.

Қ. ӘБДІҒАПАР.

ТӨРТ БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Талдықорған қаласының солтүстік-батыс ауданында фельдшерлік-амбулаториялық пункт, полиция бөлімшесі, кітапхана және ардагерлер бөлмесін қамтыған ғимарат пайдалануға берілді. Бірнеше жыл бұрын салынған ғимарат бір кездері зооветеринарлық техникумның оқу-тәжірибелік шаруашылығына арнап тұрғызылған. Жаңғыртылған бір қабатты ғимаратты қала әкімдігі саяжай тұрғындарының игілігіне беруді жөн деп тауыпты. Осыған орай салтанатты жиынға арнайы барған қала әкімі Бағдат Қарасаев көпшілікті келе жатқан мерекемен құттықтады. Барлығы 597 адам тұратын шағын ауылдың халқы енді алысқа сабылмай-ақ дәрігер мен тәртіп сақшысына жүгіне алады.

Мәди АЛЖАНБАЙ



Дәл осы күні Талдықорған қаласында барлығы 130 балаға арналған 4 балабақша ашылып, сәбилерді қабылдады. Бұл балабақшалардың барлығы да мемлекет пен жекеменшік арасындағы әріптестік негізінде пайдалануға беріліп отыр. Яғни, кәсіпкерлердің қаржысына салынған мектепке дейінгі тәрбие мекемелеріне жергілікті атқару органдары қолдау көрсетіп, қажетті тетіктеріне көмектеседі. Жалпы жыл басынан бері 9 жекеменшік балабақша ашылып, 3-6 жастағы балаларды бақшамен қамту көрсеткіші 87 пайызға жеткен.



Балабақшалардың ашылу салтанатына қатысқан қала әкімі Бағдат Қарасаев тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– Құрметті талдықорғандықтар, қадірменді жерлестер! Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын! Мінеки, бүгін бәріміз сәбилердің қуанышын еселеп, ата-аналарды бір серпілткен айтулы шараға жиналып отырмыз, – деген Бағдат Әбілмәжінұлы облыс орталығындағы балалардың санына тоқталып өтті. – Халқымыз: «Ұлым дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан шықсын?!» – дейді. Болашақ ұрпақтың тәрбиесіне үлес қосуды ойластырған кәсіпкерлеріміздің ісіне Жаратқан Алла Тағала береке берсін. Өйткені, жыл сайын қаламыздағы тұрғындардың өсімі, бала туу деңгейі артып отыр. Жылына шамамен 2 мың 800-дей адам қосылады. Сондықтан да болар, сәбилерді балабақшамен толық қамту біртіндеп жүзеге асырылып келеді. Қазір 7464 бала балабақшаға барады. Одан бөлек, 9 мың бала кезекте тұр. Бүгінгі күні пайдалануға берілген балабақшалар құтты болсын! Кәсіпкерлерге айтарым, әрқашанда игілікті істердің ұйытқысы бола беріңіздер! Сіздерге тек жақсылық тілеп, алғысымызды айтамыз. Себебі, үйлеріңізді балаларға атап, арнайы балабақша жасауларыңыз үлкен ерлік, көргенділік дер едім. Себебі, өсетін елдің ғана болашағының тәрбиесіне күш салатынын жақсы білеміз. Қаладағы 54 балабақшаның 33-і жекеменшік балабақша. Бұл Елбасымыз тапсырған міндет-межелерді орындау жолындағы істердің бір парасы. Сондықтан жаңа балабақшаларыңыз құтты, іші баланың шаттығына толы болсын!

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай қала орталығындағы үйлердің ауласында спорттық алаңқай ашылып, тұрғындардың пайдалануына берілді. Халықтың игілігі үшін салынған спорт алаңын «Стройсервис-97» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысшылары тегін жасап берген.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ НАҚТЫЛАНДЫ

Биылғы белгіленген жоспардың орындалуы мен алдағы жылы атқарылуы тиіс шараларды нақтылауға арналған жиынға Райымбек, Сарқан, Ақсу, Қаратал, Үйғыр аудандарының әкімдері мен бөлім басшылары келді. Мақсат – өңір тұрғындарының экономикалық, әлеуметтік жағдайын жақсарту, былтырғы есеп беруде облыс әкімі берген тапсырманың іске асуын саралау. Аудан жетекшілері тарих қойнауына еніп бара жатқан жылы қандай жұмыстар атқарғаны жөнінде нақты көрсеткішке сүйене отырып, есеп берді. Сондай-ақ, өңірдегі өзекті мәселелерді тілге тиек етті.

Гүлжан ТҰРСЫН

Райымбек ауданы орталықтан шалғай орналасқан аудан. Қордаланған мәселелер жетерлік. Жанат Тәжиевтің есебін ортан жолдан тоқтатқан **Амандық ҒАББАСҰЛЫ** ауданның сондай өзекті мәселелерін, қай салаға көмек керек екенін айтуды талап етті. Аудан басшысының айтуынша, таулы өңірдегі бірнеше білім шаңырағына күрделі жөндеу жүргізілуді талап етеді. Атап айтқанда, Ыдырыс Көшкінов, Қақпақ, Бөлексаз мектептеріне жөндеу жұмысын жүргізу үшін қаржы керек. Сондай-ақ, аудандағы үш балабақшаны күрделі жөндеуден өткізіп, ел игілігіне берсе нұр үстіне нұр. Райымбектіктер бірнеше ауылдық емдеу мекемелерін ғаламтор желісіне қосу қажеттігін, «жедел жәрдем» көліктерін де жаңартатын уақыттың жеткендігін айтты. Амандық Ғаббасұлы білім, медицина салаларының облыс бойынша басшыларын орнынан тұрғызып, осы мәселелер төңірегінде жұмыс жасауды тапсырды.

Үйғыр ауданының әкімі Алимжан Тохтасунов өнеркәсіп өндірісі көлемін ұлғайту мақсатында атқарылып жатқан шаралар мен ауылшаруашылығын жандандыру үшін бақ өсіруге ден қойылғандығын сөз етті. Облыс әкімі оған инвестиция мен кәсіпкерлікті дамытуға баса көңіл бөлу керектігін ескертіп, нақты тапсырмалар берді.

Ақсу ауданы ауылшаруашылығымен айналысатын өлке. Мұнда соңғы жылдары қант қызылшасын өсіру қайта қолға алынды. Аудан әкімі Әділбек Далбағаев аудандағы Көшкентал ауылының су жүйесін жөндеуге қаржы сұрады. Сондай-ақ, Қаракөз, Кеңарал ауылдары арасына жол тарту уақыт күттірмес мәселе екендігін жеткізді. Тараз, Қаракөз ауылдары мектептеріне жөндеу жүргізу де өзекті мәселе.

Сарқан ауданының әкімі Ерғазы Қошанбеков есебін өңірде жем зауытының және тауарлы-сүт зауытының ашылмақшы болып жатқандығы жөніндегі жаңалықтан бастады. Сүт зауытын ашуға қаржы берілсе деген бұйымтайын да жеткізді. Аудан әкімі психологиялық-педагогикалық коррекциялық кабинетке жөндеу жүргізуге көмек көрсетілсе деген өтінішін айтты. Амандық Ғаббасұлы коррекциялық кабинетке жөндеу жұмысын жүргізуге міндетті түрде қаражат бөлгізетінін айтып, бірден жауапты орынбасарына тапсырма берді. Облыс басшысы Сарқан ауданының әкіміне Балқаш жағалауындағы қызмет көрсету саласын жандандыруды, туризмді дамытуды тапсырды.

Қаратал ауданы теміржолдың бойында. Сондықтан, мұнда ірілі-ұсақты базар көп. Облыс басшысы аудан әкімі Қайрат Бисембаевқа базарларды ықшамдауды тапсырды. Ауданның сыртқы жолы жасалды, ендігі мәселе ішкі жолдарды қалыпқа келтіру. Бұл орайда, аудан басшысы ішкі 15 көшеге жөндеу жүргізу үшін жобалық-сметалық құжатының жасалғандығын жеткізді. Аудандағы тағы бір өзекті мәселе, Тастөбе округінің аумағындағы Қаратал өзенінің жағасын бекіту.

Әкімдер есебінен соң облыс әкімі Амандық Баталов орынбасарлары мен басқарма басшыларына арнап жиын өткізді. Онда аудан әкімдерінің жасаған жобалық-сметалық құжаттарын қарап, орынды шараларға қаржыны уақытында аударуды тапсырды. Сондай-ақ, жас әкімдердің жұмысына қолдау көрсету қажеттігін қадап айтты.

ҚҰРМЕТ

ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Қарасай ауданының әкімі Махаббат Бигелдиев қызыл империяның қаһарынан қорықпай азаттық пен әділеттік құндылықтарын қорғау үшін алаңға шыққан Желтоқсан көтерілісіне қатысушыларды арнайы қабылдап, еліміздің тәуелсіздік алуына олардың қосқан үлесі зор екенін ерекше атап өтті.

Жүрегіне жастық алауын жандырып, ұлтының тапталған намысына араша түскен сол кездегі жігіттер мен қыздар бүгін ел ағалары атанып үлгерген. Ауданда осындай 12 желтоқсаншы бар. Қабылдауға еркіндік үшін ереуілге шыққан Бақытгүл Әлішева, Нәдірбек Қасымжан, Мырзағұл Әбдіғұлов, Жұлдызай Бисембаева сынды қайсар жандар келді. Олардың әрқайсына құрмет гүлімен бірге бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Желтоқсаншыларды әріптестері атынан құттықтаған Ұмтыл ауылдық округінің әкімі Сара Байбосынова 1986 жылғы оқиғаның тарихи рөлі мен жастардың ерлігіне тоқталып, оларға зор денсаулық пен баянды бақыт тілейтінін жеткізді. Салтанатты шараға қатысқан батырлар өздеріне көрсетіліп отырған құрметі үшін Махаббат Сәдуақасұлына алғыстарын айтып, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойымен жұртшылықты құттықтады. Шара барысында сөз алған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Махмұтбек Жұмағұлов ұлт қаһармандарын жақсы жаңалықпен сүйіншіледі. Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығына орай аталған 12 желтоқсаншыға мемлекет тарапынан 70 мың теңге көлемінде сыйақы берілді. Бір кездері мәңгі мызғымастай көрінген алып империяның іргетасын құлатқан қазақ жастарының ерлігі ел жадынан ешқашан сөнбек емес.

Қуат ӘБІЛ.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

БАҒА БАҚЫЛАУДА

Кейбір сауда орындарында бағаның негізсіз көтерілуінің алдын алу, яғни өңірлерде бағалар мен тарифтердің орынсыз өсуін болдырмау үшін облыстық жедел штаб жүйелі жұмыс істеп келеді. Олар әр уақыт нарықтағы бағаны бақылап, тексеру жүргізіп, зерделеп, бағаның тым шарықтап кетпеуінің алдын алып отырады. Өткен сенбіде штаб мүшелері облыстық әкімдіктің кіші жиынжайында бас қосып, баға мәселесін тағы бір рет талқылады.

Қажет АНДАС

Жиналысты облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов басқарды. Онда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің 33 түріне бағаны бақылауда ұстау жөнінде арнайы тапсырма беріліп, жұмыс жүргізу қажеттігі айтылды. Әсіресе, нан, сүт, қант, ұн тәрізді күнделікті жиі тұтынатын тауарлардың нарықтағы бағасы сөз болып, оны тұрақты ұстап тұрудың жолдары қарастырылды. Сонымен қатар, штаб мүшелері бағаны тұрақтандыруға байланысты жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар жөнінде мәлімдеді. Олардың айтуынша, азық-түлік тауарларының бағасы тұрақты, ол үшін Талдықорған қаласындағы әлеуметтік дүкендер тыңғылықты жұмыс атқарып жатыр. Сонымен бірге, штаб мүшелері ауылшаруашылығы тауар өндірушілері мен көтерме сауда нүктелерінің иелерімен кездесу өткізіп, бағаны негізсіз көтермеу туралы жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізген.

Жиналыста белгілі болғандай, бағаны тұрақтандырудың жолы облыстық тұрақтандыру қоры арқылы қарастырылады. Облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының басшысы Маржан Мұраттың айтуынша, облыстың тұрақтандыру қорының айналымында 333,6 млн. теңге қаражат бар. Әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының 12 түрі, атап айтқанда, қант, күріш, бидай ұны, шай, жарма түрі, макарон өнімдері сатып алынған. Сатып алынған тауарлардың бөлшек саудадағы бағасы белгіленген және нарық бағасынан 5-10% төмен. Айта кетерлігі, әлеуметтік маңызды азық-түліктер Талдықорған қаласындағы «Данияр», «Самал», «Амина», «Санжар», «Алмас» сияқты әлеуметтік дүкендер мен қаланың әр тұсында қойылған әлеуметтік нүктелер арқылы сатылады. Сонымен қатар, қазіргі кезде тұрақтандыру қорының қоймасында 762 224,73 киле, оған қоса жеткізушілердің еншісінде 58 500 киле азық-түлік қоры бар. Осы жағдайға қанықкан Лаззат Махатұлы белгілі бір азық-түліктің нақты бір мерзімдегі қажеттілігін ескере отырып, әлеуметтік маңызды тауарлардың базарға келіп түскені туралы мәліметті күнделікті жазып отыру жұмысын қолға алуды ескертті. Сондай-ақ, облыс әкімінің бірінші орынбасары бағаға тұрақты мониторинг жасауды тапсырды.

Жиыннан кейін Лаззат Махатұлы бастаған штаб мүшелері әлеуметтік маңызды тауарлардың бағасына бақылау жасау мақсатында қаладағы әлеуметтік бағытпағы сауда орындарында болды. Пушкин көшесіндегі 239 «А» үйіне орналасқан «Санжар» дүкені мен «Дәулет» сауда үйі және коммуналдық базарды аралап көріп, азық-түлік түрі және оның бағасымен танысты.

ИНДУСТРИЯЛДЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ТАБЫСТЫ КӘСІПОРЫН

Елбасы Н.Назарбаев халыққа арнаған Жолдауында кәсіпкерлікті дамыту XXI ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы екенін атап көрсеткен еді. Бизнесті қолға алған іскер жандар Қасымбек ауылының маңынан 2012 жылы «Сұңқар Алматы құс фабрикасы» ЖШС-ін құрған болатын. Аз уақыт ішінде кәсіпорын іргелі өндіріс орнына айналды.

Серік САТЫБАЛДИЕВ



Бұл фабрика бұрынғы ТМД елдеріндегі ең жақсы агроөндірістік жобалардың бірі болып табылады. Жұмыртқа өндірісі жолға қойылған қысқа уақыттың ішінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Сала бойынша «2013 жылғы Қазақстан көшбасшысы» атанды, Францияның Ұлттық өндіріске қатысушылары ассоциациясының «SEIN» алтын медалін иеленді. Жаңа технология бойынша толықтай жабдықталып, құс бағымшылығы мен өнім алу талаптарына сәйкес салынған корпустары «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында дамып келе жатқан ең ірі кәсіпорындардың бірі саналады. Құрылысы ғылыми негіздемеге сай, сала бойынша жаңа технологиялармен барынша қамтыла отырып, құс шаруашылығын жүргізудің барлық талаптары сақталған.

Өндіріс үдерісінде құстарды азықтандыру, жұмыртқаны реттеп қорапқа салуға дейін толықтай автоматтандырылған. Жылдан жылға өндіріс көлемі ұлғайып, соған сай жұмысшылар қатары да артып келеді. Бүгінде мұнда 80-дей адам жұмыс істейді. Жұмысшылардың дені жергілікті, жақын маңдағы Қасымбек, Үмбетәлі, Ұзынағаш ауылдарының тұрғындары. Биылдың межесі 65 миллион дана жұмыртқа шығару. Ал алдағы кезеңде жылына 168 миллион дана жұмыртқа өндіруді көздеп отыр. Жұмыртқалайтын мекиен ұстайтын ірі корпустардың саны жылдан жылға көбеюде.

Осылайша Қазақстан нарығын өз өнімімен барынша кең қамтуға мықтап бекінген кәсіпорынның жұмысы табысты. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында алар орны айшықты.

Қасымбек ауылы, Жамбыл ауданы.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

2-бет
ҮШТӨБЕДЕГІ жылы жүздесу

3-бет
ІЛДІРІМ ағаның ізгі жолдары

4-бет
ЖАСТАРДЫ бір серпілтті

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Жетісу

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№142 (18274)

Сейсенбі, 27 желтоқсан, 2016 жыл.

ЕЛБАСЫ ШЫРШАСЫ

Баланың күлкісі бәрінен қымбат. Оларға жыл он екі ай қуаныш сыйласақ та артық етпейді. Балғындар, әсіресе, жыл соңында Жаңа жылды ерекше көңіл-күймен тосатыны белгілі. Қазақстандық балаларға Жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау мақсатында жыл сайын дәстүрлі түрде Президенттік шырша ұйымдастырылады. Биыл бұл шара облыс орталығындағы «Жастар» спорт кешенінде өтті.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Ғимараттың ішіне аяқ бассаңыз құдды ертегі әлеміне еніп кеткендей боласыз. Түрлі-түсті жаңа жылдық ойыншықтармен безендірілген алаң балалар тұрмақ, ересектердің де көңілін көкке көтереді. Ертегі кейіпкерлері кейпінде, жан-жануарлар бейнесінде киінген балаларға мұның барлығы ерекше әсер етуде.

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ балаларды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен бейнежолдау арқылы құттықтады.

– Қымбатты балалар! Бүгін байтақ еліміздің барлық өңірінде балалар Жаңа жылдық шыршаның айналасына жиналды. Жаңа жыл ең алдымен, балалар мен бүлдіршіндерге қуаныш сыйлайтын мереке. Мен сендерді келе жатқан Жаңа жылмен құттықтаймын! Тәуелсіздік арқылы біздің ұлы Отанымыз жылдан жылға өркендей түсуде. Қазір дүниежүзі Қазақ елін құрметтейді. Сендер осындай ерекше елде өсіп келе жатқан бақытты ұрпақсыңдар. Ата-аналарыңды қуантыңдар, зерделі де серек, білімді де білікті болыңдар! Бұған елімізде барлық мүмкіндік бар. Жасампаз істердің барлығы сендердің жарқын болашақтарың үшін жасалуда. Өнер – білімнің кені. Өркенді елдің кені болыңдар. Айналасын алтын арайға бөлеген жасыл шырша – базарлы балалықтың белгісі. Шырайын бермейтін осы шыршадай жайнап өсе беріңдер! Болашақтарың баянды болсын, айналайындар. Жаңа жыл құтты болсын! – деді Мемлекет басшысы.

Мерекелік шараның шымылдығы Елбасының құттықтауымен ашылған соң облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ жиналған көпшілікке келе жатқан Жаңа жыл мерекесіне арнаған жүрекжарды лебізін білдірді. *«Құрметті балалар! Сендерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл жаңа мүмкіндіктерге толы. Елбасының арқасында біздің елімізде білім алуға, еңбек етуге және демалуға барлық жағдай жасалуда. Сондықтан өздеріңе деген сенімдеріңе селкеу түспесін. Үлкенді сыйлап, әлсізге демеу болыңдар. Отанды қадірлеп, қастерлей біліңдер. Қашанда жақсылық жасауға тырысыңдар. Жаңа жылда сендердің барлық армандарың орындалсын. Сендер ең қымбат қуанышқа лайықты жансыңдар»*, – деді облыс әкімі.

Өнір басшысы балаларға қыстық киімдер сыйға тартты. Тіпті, өз қолымен киіндіріп, балғындардың маңдайынан сүйіп, ақ батасын берді. Су жаңа сыйлыққа қуанған балақайлар кішкентай жүректерінен шыққан үлкен тілектерін айтып, Елбасына, өнір басшысына алғыстарын жеткізіп, Амандық Ғаббасұлымен бірге Жаңа жылдық шыршаны айналып, ән салып, естелік суретке түсті.

Қызылды-жасылды шамдары жарқылдаған, әдемі безендірілген шыршаның маңына топтасқан балалар Аяз ата мен Қарша қызды ерекше ықыласпен қарсы алды. Мерекенің бас кейіпкері бүлдіршіндерді Жаңа жылмен құттықтап, жылы лебізін жеткізді. Бұдан соң балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шыршаны айналып ән салды, әуен ырғағымен биледі. Көңілдері көлдей шалқыған мереке иелері жыл он екі ай кейіпкерлерімен танысып, ескі Мешін жылын шығарып салып, жаңа яғни Тауық жылын қарсы алды. Балаларға шаттық сыйлау мақсатында елімізден, көршілес мемлекеттерден білікті цирк өнерпаздары келіп, мереке көркін кіргізді.

Өңірдің әр түкпірінен келген тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардың балалары, жетімдер үйі мен мектепинтернаттарда тәрбиеленетін барлығы 200 бала қызықты кештің куәсі болып, «Жастар» спорт кешенінің ауласында бой түзеген қар қалашығында серуен құрды.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Энергетиктер мерейі өсті

Жаңа жыл қарсаңында Энергетиктер күніне арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік шарада энергетика саласының өркендеуіне үлес қосқан мамандар түрлі марапат пен сый-құрметке ие болды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен «ТАЭТК» АҚ президенті Серік Демидов жиналғандарды төл мерекелерімен құттықтап, еңбектеріне жеміс тіледі. Бұдан соң облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Әсет Қанағатов аталған салаға еңбегі сіңген бір топ азаматқа ҚР Энергетика министрлігінің, облыс әкімінің және ТМД электр энергетикалық кеңесінің марапаттарын ұсынды. Мәселен, Көксу электр торабы ауданының кезекші электр жөндеушісі Талғат Бектенов ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің облыс бойынша аумақтық департаментінің Құрмет грамотасымен марапатталса, Талдықорған қаласын электр қуатымен жабдықтауға қосқан үлесі үшін метрология қызметінің метрологі Мұрат Алпысбаев пен Талдықорған электр торабы ауданының диспетчерлік тобының кезекші инженері Сембек Қалиев Құрмет грамотасына ие болды.

«Энерго Қуат» ЖШС-нің прорабы Мақсат Ахметов пен көлік жүргізуші Мадияр Шахановқа Алғыс хаттар табысталып, «Нұр Отан» партиясының мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға атсалысқан энергетиктер сый-құрметке бөленді. Аталған саланың өсіп-өркендеуіне еңбек сіңірген найзағайдан қорғау және диагностика қызметінің басшысы Серік Түркебаев пен Талдықорған ауданы электр торабының басшысы Берік Оңғарбаев ТМД электр энергетикалық кеңесінің «Еңбегі сіңген энергетигі» атағын алып, енді бір топ қызметкер Қазақстан энергетикалық қауымдастығының «Құрметті энергетигі» медалімен наградталды.

Сонымен бірге оқу полигонының басшысы Мұхамеджан Бектенов пен көлік қызметі бойынша автокран жүргізушісі Александр Горопах және Көксу аудандық электр желілері ауданының диспетчерлік тобының кезекші инженері Сергей Стах аталған қауымдастықтың «Ардагер энергетигі» төсбелгісін омырауларына қадады. Тағы басқа энергетиктерге де құрмет көрсетіліп, Талдықорған қаласы әкімдігі тарапынан да құттықтаулар айтылды.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Жасөспірімдер қылмысы артуда

Облыс әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Оны облыс әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Жақсылық Омар ашып, күн тәртібінде Еңбекшіқазақ, Іле, Қаратал, Балқаш аудандық әкімдіктері жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның жұмысы сараланатынын жеткізді.

Алма ЕСЕНБАЕВА

Қаралып отырған мәселе бойынша зерделеу жұмыстарының қорытындысымен облыстық ішкі істер департаментінің ювеналдық полиция бөлімшесінің басшысы, полиция подполковнигі Ғалым Құджақов таныстырып өтті.

Аталмыш аудандарға тән кемшілік біреу. Ол – іс-құжаттардың дұрыс толтырылмауы, атқарылған жұмыстар туралы есептің өз дәрежесінде жүргізілмеуі, комиссияда қаралған істердің аяқсыз қалуы. Ол арқылы балалар тағдырына бейқамдылық танытылып отыр. Жасөспірімдердің ата-ана қадағалауынсыз жүруінен қылмыс саны да көбейіп кеткен. Мәселен, Еңбекшіқазақ ауданында жасөспірімдердің қатысуымен өткен жылы 24, биыл 41 қылмыстық әрекет орын алған. Ал Іле ауданында былтыр 33 қылмыс тіркелсе, биыл оның саны 44-ке жеткен.

Отырыс барысында осы мәселелерге ерекше мән берген Жақсылық Мұқашұлы аудандық комиссиялардың жұмысын жандандырудың маңыздылығына тоқталып өтті.

– Бұл барлық ауданда орын алып отырған кемшілік. Сондықтан келесі отырысқа жекелеген аудандар емес, барлық аудандық, қалалық комиссия мүшелері қатысатын болады. Оған дейін кемшіліктер түзетіліп, оның орын алу себебі анықталып, жұмысты жаңаша, жан-жақты, жүйелі жүргізу жағы қарастырылсын, – деді комиссия төрағасы.

Сондай-ақ, жиында келер жылғы комиссия отырысының жұмыс жоспары қаралып, бұл туралы облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Сүлейменова баяндап өтті. Жиын соңында комиссия мүшелерін қайта бекіту жайы да сөз болды.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

Баға көтермеу қатаң ескертілді

Жыл сайын Жаңа жылға қарай алыпсатар саудагерлер және арадағы көлденең олжа табушылардың кесірінен зат бағасы қымбаттап, тұрғындардың орынды ренішін туғызады. Осының алдын алу, яғни өңірлерде бағалар мен тарифтердің орынсыз өсуін болдырмау үшін облыстық жедел штаб жүйелі жұмыс істеп келеді. Олар әр уақыт нарықтағы бағаны бақылап, тексеру жүргізіп, зерделеп, бағаның тым шарықтап кетпеуінің алдын алады.

Қажет АНДАС

Өткен сенбіде облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов бастаған облыстық штаб мүшелері коммуналдық базардағы бағаны бағамдап, Қонаев көшесінің бойынан жаңадан бой көтерген жаңа сауда үйінің жағдайымен танысты. Белгілі болғанындай, қазір өңірде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің 33 түрінің бағасы қатаң бақылауда. Әсіресе, нан, сүт, қант, ұн тәрізді күнделікті тұтынатын тауарлардың нарықтағы бағасын тұрақты ұстап тұрудың жолдары қарастырылған.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының басшысы Маржан Мұраттың айтуынша, облыстың тұрақтандыру қорының айналымында 400 млн. теңгеге жуық қаражат бар. Әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының 12 түрі, атап айтқанда, қант, күріш, бидай ұны, шай, жарма түрі, макарон өнімдері сатып алынған. Сатып алынған тауарлардың бөлшек саудадағы бағасы белгіленген және нарық бағасынан 5-10% төмен. Әлеуметтік маңызды азық-түліктер Талдықорған қаласындағы әлеуметтік дүкендер мен қаланың әр тұсына қойылған әлеуметтік нүктелер арқылы сатылады. Бұл өңірдегі азық-түлік бағасының қымбаттауын шектеп отырады.

Дегенмен, кейінгі кезде базардағы ет, сүт, жұмыртқа, құс еті бағасының өсуі байқалған. Коммуналдық базардың өзінде жылқы еті 1500, сиыр еті 1300, қой еті 1200 теңгеден сатылса, жылқының қазысы 2000 теңгеге дейін көтерілген. Ал бір дана жұмыртқаның өзі 40 теңгеге дейін шарықтап тұр. Осыдан біраз жыл бұрын: «Зат бағасын тұрақтандыруға сеп болады» деген мақсатпен ашылған коммуналдық базардың бағаны бұлай шарықтатуын түсіну қиын. Тегін орын, салықсыз, тіпті делдалсыз сатылымға шыққан тауарлар осындай бағада саудаланса орталық базардағы бағаны айтудың өзі қиын.

Осы жағдайды толық зерделеп, сатушылардың жағдайын біліп, баға көтерілуінің сырына үңілген Лаззат Махатұлы коммуналдық базардың әкімшілігіне сын-ескертулер айтты. Қала әкімдігінің жауапты маманына әр сенбі сайын өтетін жәрмеңкені қатаң бақылауға алып, зат бағасының әр аптадағы өсу немесе түсу салыстырмасын бақылауда ұстауды тапсырды. Осыдан кейін штаб мүшелері Қонаев көшесінің бойындағы жаңадан бой көтерген сауда орталығының жұмысымен танысты.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына талғарлық кәсіпкерлер ерекше тарту жасады. Айтулы мерекеде отандық өнім өндіретін және халыққа қызмет ететін «Керуен Плюс» пен «Талғар Сити Плаза» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен 500 орынды «Дольче Вита» мейрамхана кешенінің тұсауы кесіліп, салтанатты түрде пайдалануға берілді. Аталған шараға облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев пен аудан әкімі Райхан Садықова қатысып, еңбек ұжымдарына табыс пен сәттілік тіледі.

ЖАҢА НЫСАНДАР ашылды

Ұлбосын ИСАБЕК

Түрік ағайындардың қаржылық қолдау көрсетуінің арқасында аудан орталығынан ойып орын алған «Керуен Плюс» ЖШС-нің іргесі қаланып, қарқынды қимыл танытып отырғандығына бірер жылға жуықтады. Осы қысқа мерзім аралығында бастаған ісі бір арнаға түскен өнім өндіруші кәсіпорынның салтанатты түрде тұсауы кесіліп, ұжым еңбеккерлері қуанышқа кенелді.

– Елдегі ең алғашқы қорғасынсыз өнім өндіретін «Керуен плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің диттеген мақсаты зор. 70-ке таяу тұрғынды еңбекпен қамтыған жаңа жұмыс орны заманауи технологиямен жабдықталып, толықтай автоматтандырылған. Жоғары сапаға ие экологиялық таза ПВХ, ППР пластикалық құбырлар мен фитингтерге бұл күнде шетелден сұраныс түсіп жатқаны қуантады, – деді Серік Мелісұлы.

Елбасының кәсіпкерлікке кең қолдау көрсетуінің нәтижесінде елде отандық өнім өндіруші кәсіпорындардың қатары артып келеді. Соның бірі «Керуен Плюстің» еңбек ұжымы десек, олар биыл 2500 тонна ПВХ мен 500 тонна ППР өндіріп, сауда нүктелеріне жөнелткен. Германдық технологияға негізделген кәсіпорында еңбек етуші азаматтардың да көңіл-күйі жоғары, ықыласы зор. Себебі, мұнда адамға айрықша көңіл бөлініп, өнімді еңбек етудің барлық жағдайы жасалған. Екі гектар аумақты алып жатқан кәсіпорыннан «DENIZ», «OKYANUS», «PLAST», «ROYAL», «PINAR» маркалы отандық пластикалық өнім өндірушілердің істері ілгері басып, бұл салада да көш бастарына көміл сенімдіміз.

Халық саны өсіп отырған Талғар қаласының көркеюіне үлес қосушы жаңа нысанның тағы бірі – «Талғар Сити Плаза» деп аталады. Шетелдік инвесторлардың қомақты қаржысына салынған жалпы аумағы 3800 шаршы метрлік алаңда халыққа қызмет ететін супермаркет, 40-қа жуық сауда нүктесі мен балалар ойын-сауық алаңы, кинотеатр, дәмхана мен мейрамхана қамтылған. Жүз адамды еңбекпен қамтыған жаңа нысанның ашылуымен аудан әкімі Райхан Садықова құттықтап, еңбектерінің табысты болуын тіледі.

Сонымен қатар, осы күні есігін айқара ашқан «Дольче Вита» мейрамхана басшылығының 30 адамның жұмыс істеуіне мүмкіндік бергендігі қуантады.

Талғар ауданы.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Орталық іске қосылды — 2-бет
Берекелі Мәуліт — 3-бет
Түркінің текті перзенті — 4-бет

Баспасөз – 2017

Жетісу Жетісу Жетісу Жетісу

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге 2017 жылға жазылу аяқталуға жақын

Ілияс Жансүгіров пен Сәкен Сейфуллиндей, Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезовтей Алаш арыстарының қолтаңбасы қалған «Жетісу» газетіне жазылу басталды. Аптасына үш мәрте ақжолтай ақпарат арқалап, әр шаңырақтың табалдырығын аттайтын абыз басылымның халықпен бірге келе жатқанына 99 жылға аяқ басты. Газет тәуелсіз елдің ертеңі үшін тер төгіп, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды терең зерттейді. Ендеше, 2017 жылды тағы да жаныңызға жақын «ЖЕТІСУМЕН» БІРГЕ ӨТКЕРІҢІЗ, ОЙЛЫ ОҚЫРМАН!

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға		12 айға	
			қала	ауыл	қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08	8652,96	9272,16
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36	5699,52	6318,72
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76	5944,32	6563,52
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60	6192,00	6811,20

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, балама жазылып, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, онда:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3250	6500
2.	Зейнеткерлер үшін	1800	3600
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1900	3800
4.	Жалпы жеке жазылу	2100	4200

«Жетісу» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3000	6000
2.	Зейнеткерлер үшін	1500	3000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1600	3200
4.	Жалпы жеке жазылу	1700	3400



Ұстазға ұлы тағзым

«Жетісудың» таңы дәйім арайлы,
Ертеменен аймақтарға тарайды.
Жеткен бетте сырласады қауышып,
Достарымен бауыр басқан талайғы.
Жүрегімнің лүпілімдей соғатын,
Оқығанша таусылатын тағатым.
«Жетісуды» айқара ашсам қолыма ап,
Жайылады кең құшақты қанатым.
Ақыл-ойдың ұсынатын жаңнатын,
Санаң кеңіп, көңіл ләззат алатын.
«Жетісудың» әрбір саны қызықты,
Қажеттіні тез-ақ ізден табатын.
Жазылуды шығармай бір санадан,
Ең сенімді серігіне санаған.
Тарихы бар тамыр тартқан тереңге,
Басылым деп оқып жатыр сан адам.
Ғасырды да, заманды да жаңарған,
Қадағалап қалт жібермей жанардан.
Төрткүл дүние тылсымынан хабар ап,
Қызығатын оқырманы – қара орман.
Жүректерге жырыменен нұр құйып,
Әрбір бетін қызыға оқып жұрт ұйып.
Барша оқырман серік еткен сүйікті,
«Жетісудың» мәртебесі тұр биік!
Газеттердің бабасы да – «Жетісу»,
Жүз жасаған атасы да – «Жетісу».
Ғұлама ойлы данасы да – «Жетісу»,
Жан азықтың дарасы да – «Жетісу».
Сол себепті «Жетісуды» оқындар,
Нәрлі сөзін санаға нық тоқындар.
Қым қаласа басылымды оқуды,
Жазылуға бәріңнің де қақың бар.

Әли ЫСҚАБАЙ,
Алматы облысының Құрметті азаматы.

АУЫЗСУ

Мемлекетіміздің 2011 – 2020 жылдарға арналған ауызсу бағдарламасын жүзеге асыру аясында бүгінге дейін қыруар қаржы игерілді. Бірақ, мамандардың айтуынша, мұның өзі сапалы ауызсуға деген зәрулікті толықтай шеше алмай отыр. Бір қуанарлығы, жеті өзен өрнектеген Жетісу жерінде қазірге дейін судан тапшылық көрген жағдай мүлдем аз. Дегенмен, өңіріміздегі тасымалданатын ауызсумен күн көріп отырған бірқатар елді мекен мемлекеттік бағдарламалардың шарапатын күтіп отыр. Бұдан бөлек, тау қойнауларынан бастау алатын өзендер мен бұлақ көзінен алынатын ауызсудың қандай жолмен тазартылатынынан, жекеменшік компаниялар таратын ауызсу мен дүкен-базарларға шөлмекпен жеткізілетін ауызсудың стандартқа қаншалықты сәйкестігінен елдің көбі бейхабар. Сондықтан облысымызда биылдан бастап «Аға сеньорлар» жобасы қолға алынды.

ТӘЖІРИБЕ БӨЛІСТІ



Жобаның басты идеясы – менеджмент және маркетинг, өндіріске жаңа технологиялар енгізу мәселелері бойынша кеңес беретін шетелдік маман тарту. Сол арқылы осы салаға құйылатын инвестиция көлемін ұлғайтып, тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету көрсеткішін жоғарылату. Осыған орай, өңір кәсіпкерлеріне Канаданың экологиялық инженерия және менеджмент жөніндегі сарапшысы Джордж Катсаров өз білімімен, тәжірибесімен бөлісуде. Облыстық кәсіпкерлік палатасы өкілдерінің айтуынша, әлемге танымал «CESOInternationalServices» компания өкілінің экожобаларды басқару ісі бойынша 40 жылдық еңбек өтілі бар. Сонымен қатар, Боливия, Колумбия, Гондурас, Перу, Филиппин, Қытай, Камерун, Армения және Украина сияқты әлемнің бірқатар елінде кеңесші болып қызмет еткен. Сондықтан білгір маманның тәжірибесі өңіріміздің таза ауызсу мәселесінде туындаған қиыншылықтарды шешуге көмектеседі.

Шетелдік маман жуырда білімі мен тәжірибесін Талғар ауданындағы «Сырат» ЖШС қызметкерлерімен бөлісті. Айта кетерлігі, отандық компания өз жұмысын 2009 жылы бастаған. Компания мамандары техногендік өзгеріске ұшыраған суды биоқұрылымдау және қайта қалпына келтірудің инновациялық технологиясын ойлап шығарып, биоқұрылымданған «Aquamira» суын табиғи технология арқылы жасап, нарыққа шығарды. Бүгінде компания суды биоқұрылымдау технологияларын қолданудың жаңа әдістерін жетілдіруді жалғастыруда.

– Біздің су түр-түрге бөлінеді. Бұл «Аквамира классик» маркалы суы, яғни оны «тірі су» деп те атауға болады. Сондай-ақ «Фитнес» суы деген бар. Оны биогенді су деп те атап жатады. Сол секілді «Аквамира йод» – йодофильді биогенді су деген түрі де болады. Оның құрамында йод мөлшері аз. Сондықтан бұл суды қалқанша без патологиясының алдын алу үшін қолдануға болады», – дейді ЖШС бас директоры Жаныш Дәуітәлиев.

Джордж Катсаров «Сырат» ЖШС шығарған өнімге жоғары баға берді. Сарапшы су өндіру технологиясы, өнімнің сыртқы түрі мен дизайны туралы өзінің кәсіби көзқарасын білдіре отырып, маркетингті реттеу арқылы өнімді шығару және оны сату көрсеткішін барынша жақсартуға болатынын айтты. Компания бәсекеге қабілетті болуы үшін ондағы қондырғыларды ұдайы жаңартып отыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, Катсаров қызметкерлерге дәріс оқып, олардың сауалдарына жауап берді.

Қ. ОМАРАҚЫН.
Талғар ауданы.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

22 желтоқсан күні «ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің қорытынды отырысында 10 ұсыныс қаралып, Үкіметтің назарына ұсынылды. Шара аясында Ахметжан Есімов биылғы көрмені ұйымдастыру жұмысының қарқынын тілге тиек етіп, Қоғамдық кеңестің барлық мүшесіне жұмысқа белсенді қатысқаны үшін алғыс білдірді және келе жатқан жылда мол табыс пен жетістіктер тіледі.



ОРТАЛЫҚ іске қосылды

Қажет АНДАС

Осы жылдың 26 қаңтарында жұмысын бастаған Қоғамдық кеңес жыл бойы 50-ден аса ұсыныс білдірді. Осы ретте Үкімет пен мемлекеттік органдарға 10 ұсыныс жіберілген. Оның ішінде туризмді дамыту бойынша дербес мемлекеттік органды құру, «Байқоңыр» космодромына келу үшін шетелдік туристерге визалық және көліктік жағдайлар жасау, Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінің базасында Гидтер мен экскурсия жүргізушілерін даярлау бойынша орталық құру туралы ұсыныстар бар.

Сол қатарда «ЭКСПО – 2017» көрмесі Қоғамдық кеңесінің төрағасы, Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінің ректоры Ерлан Сыдықов гидтер мен экскурсия жүргізушілері қазақ, орыс, ағылшын, қытай, француз, түрік және басқа тілдерді үздік деңгейде біліп қана қоймай, шетелдік туристерге елімізді ең жақсы жағынан көрсету үшін Қазақстан мен дүниежүзі географиясын, тарихын, экономикасын білу керектігі жайлы пікірін білдірді. Сондай-ақ, Байқоңыр ғарыш кешеніне келушілер үшін «Астана – Байқоңыр – Астана» және «Алматы – Байқоңыр – Алматы» тікелей әуе бағытының ашылуына, шетелдік туристерді кешенге жіберуге қатысты өтінімді қарау мерзімін 45-тен 14 күнге дейін қысқарту туралы сұрақты шешуге қатысты ұсынысын жеткізді.

23 желтоқсан күні «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ аккредиттеу орталығы мен көрмеге қатысушыларға бірыңғай қызмет көрсету орталығының тұсаукесері өтті. Шара аясында сервистік қызмет көрсету департаментінің директоры Дияс Азбергенов орталықтың функционалдық мүмкіндіктері туралы айтып берді. «Бір терезе» принципі бойынша жұмыс жасайтын бірыңғай қызмет көрсету орталығында визалық қолдау көрсету, көші-қон есебі, салық салу, кедендік істер, авторлық құқық, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және Қазақстан Республикасының радиожиілікті спектрін қолдану саласындағы қызметтер көрсетіледі. Сондай-ақ, ресми қатысушылар бірыңғай қызмет көрсету орталығынан сақтандыру, логистикалық, консалтингілік, нотариалдық, аударма, сондай-ақ, әуе кассалары және экспресс-пошта қызметтерін ала алады.

Аккредиттеу орталығының қызмет салмағын «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ Операциялық басқару және тәуекелменеджменті департаментінің директоры Маркен Ахметов түсіндіріп берді. Оның айтуынша, аккредиттеу жүйесі ағымдағы жылдың желтоқсанында іске қосылды. Енді көрме аумағында және жеке объектілерде болғысы келетін барлық тұлға онлайн жүйеде тіркеліп, Қазақстанның құқық қорғау органдарында арнайы тексеруден өтуі тиіс. Бұл дайындық және өткізу кезеңіндегі барлық іс-шараның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Аккредиттеу орталығының толық жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін аккредиттеу жүйелерін ұйымдастыру және іске қосудың халықаралық тәжірибесі қолданылды.

Әлем тынысы

ШРИ-ЛАНКАДАҒЫ ШЫРША



Жаңа жыл қарсаңында Шри-Ланка елі әлем бойынша ең биік жасанды шыршаның шамын жақты. Коломбо қаласында құрастырылған шырша туралы ақпаратты «ВВС» агенттігі таратты.

Шырша қаңқасы болат сымдардан жасалып, қолдан салынған миллиондаған бүршік пен жүз мыңдаған мерекелік шаммен безендірілген. Шыршаның биіктігі – 73 метр. Идея авторлары туындыны әртүрлі діни сенімдегілердің арасындағы өзара түсіністіктің нышаны ретінде құрастырған. Олардың айтуынша, шыршаны Гиннестің рекордтар кітабына әлемдегі ең биік шырша ретінде енгізу үшін өтініш берілді. Қазіргі рекорд 2015 жылы Қытайдың Гуанчжоу қаласында орнатылған 53 метрлік шыршаға тиесілі. Шри-Ланка тұрғындары буддизм, индуизм және ислам діндерін ұстанады. Сондай-ақ, бұл елде католик бағытын ұстанатындар да бар.

ҚАРА ТЕҢІЗГЕ ҚҰЛАДЫ



Ресей ұшағы апатқа ұшырады. Федерацияның Қорғаныс министрлігі Сочи маңында жоғалған «Ту-154» ұшағы Қара теңізге құлағанын, сынықтары табылғанын мәлімдеді.

Әуе кемесінің қалдықтары Сочи жағасынан 1,5 шақырым қашықтықта 50-70 метр тереңдіктен табылды. Теңіз жағалауынан апатқа ұшыраған адамдарға тиесілі жеке заттар да кезікті. Апаттан кейін ұшу ережелерінің сақталмауы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Бұрын мәлім болғандай, «Ту-154» Адлер әуежайынан ұшып шыққан соң радардан жоғалып кеткен. Бортта 83 жолаушы, соның ішінде Ресейдің Александров атындағы ансамбль әртістері мен тоғыз журналист, экипаждың 8 мүшесі болған. Өнер иелерінің ішінде Ресейдің «Любэ» тобының вокалисі Евгений Насибуллин бар.

МИЛЛИАРД ҚЫТАЙДЫҢ МЕЙІРІМІ



Қытайдың әлеуметтік желілерінде миллиардтаған адамды жылатқан бейнебаян тарап жүр. «Тағы да тері киімдерін киесіз бе?» деген тақырыппен салынған бейне материалды тамашалаған адамның жүрегі шымырлайды.

Бейнероликтен кейін миллиард қытайдың жүрегіне мейірім орнады. Мұнда аңдарды тірідей сойып, аяқ-қолдарын шауып, терісін сыпырып жатқанын анық көруге болады. Мұны көрген қытайдың әйгілі режиссері Фың Чиауған, кино жұлдыз және әнші Лю Ролиң бастаған танымал өнер иелері теріден жасалатын бағалы киімдерді шектеуді дәріптеп жүр. Осы бейнероликті көрген тағы бір қытай азаматшасы: «Бейкүнә жан иесінің терісі тірідей сыпырылып алынды. Сол сәтте соңғы рет жанталасып, басын көтеріп, өз денесіне қарады. Бұл неткен рақымсыздық?! Терісінен тірідей айырылған жануар қайта қарауға бата алмады. Жанарынан шарасыздықтан жас тамып, көп ұзамай мәңгілікке келмеске аттанды. Мұндай жауыздықты жасамайықшы», – деп жазады.

1656 ТҮРКИЯЛЫҚ ТҰТҚЫНДАЛДЫ



Түркияның Ішкі істер министрлігі әлеуметтік желілер арқылы террористік әрекеттерді насихаттағаны үшін 1656 адамды тұтқындады. Ғаламтордағы теріс пиғылды жазбалары үшін Түркияда тағы қуғындау басталды.

«Жарты жыл ішінде 3 мың 710 адамға қатысты әлеуметтік желілер арқылы терроризмді насихаттады деген күдікпен сот ісі жүріп жатыр. 1656 адам сот шешімімен тұтқындалды. Оларға қатысты терроризмді насихаттап, ел арасына іріткі салды, көпшіліктің көзінше мемлекет басшылығындағы тұлғалардың намысына тиетін сөздер айтты деген айып тағылды»,-деп келтіреді Риа Новости ІІМ-нің мәлімдемесін. Онда 1 мың 203 адамның шартты түрде сотталғандығы, 767 адамның тергеу шараларынан соң босатылғаны көрсетілген. «84 адамға қатысты тексеру жұмыстары жалғасуда», – деп мәлімдеді министрлік өкілдері.

24 МИЛЛИОН ТАУЫҚ ЖОЙЫЛДЫ



Оңтүстік Кореяда құс тұмауының таралуына қарсы шаралар әлі нәтижесін берген жоқ. Осы елде «H5N6» вирусы алғаш рет қараша айының басында жабайы құстар арасында тіркелген. Осы күнге дейін құс тумауы 240-тан астам фермада анықталды.

Эпидемияны тоқтату үшін 24 миллион тауық жойылды. Үкімет вирус анықталған аймақтардан өнімді сыртқа шығаруға тыйым салды. Дерт жұққан орындарда дезинфекциялау жұмыстары жүріп жатыр. Құс тұмауы вирусы адамға жұғатыны белгілі. Бірақ ғалымдардың айтуынша, Оңтүстік Корея тұрғындарына қауіп төніп тұрған жоқ. «Адамдарға құс тұмауы жұғу оқиғаларын зерттегенде, ауырып қалған адамдардың тірі құстармен жұмыс істегені анықталды. Олар – тауықтар мен үйректерді өсірген немесе олардың етін сатқан адамдар», – дейді Конкук университеті ветеринарлық медицина колледжінің профессоры Сонг Чанг Сон.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР

СТАНДАРТҚА сай болуы тиіс

Еліміздің азаттығын айғақтайтын мемлекеттік рәміздерді қастерлеу – қасиетті парыз. Алайда кейбір мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың бұл мәселеге жеткілікті мән бере бермейтіні қынжылтады. Осыған байланысты облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР Еңбекшіқазақ аудандық және Қапшағай қалалық әкімдіктерінің ішкі саясат бөлімдерінің басшыларын тыңдап, кеткен кемшіліктерді түзетуді тапсырды.

Алдымен мінберге шыққан Еңбекшіқазақ аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Момынжан Исламов аудан әкімі аппараты мемлекеттік сатып алу жолымен алған 4 Елтаңбаның мемлекеттік стандартқа сай келмейтіндіктен кері қайтарылғанын, аудандық қазынашылық басқармасының ғимаратына орнатылған Тудың тозғанын, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің ғимаратында Мемлекеттік рәміздерді насихаттауға арналған көрнекіліктер орналастырылмағанын растады. Сонымен қатар, Түрген ауылындағы Қонаев атындағы орта мектептің фойесіндегі Мемлекеттік рәміздер стендінің стандартқа сай жасалмағанын жеткізді. Аталған кемшіліктер дер кезінде түзетіліпті.

Қапшағай қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұрлан Аққойшы Қапшағай қалалық ауруханасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын ауыстыру және жою жөніндегі комиссияның құрылмағанына байланысты жауап беріп, Ауылшаруашылық министрлігінің Қапшағай қалалық инспекциясындағы стендке ретсіз орнатылған рәміздердің талапқа сай қойылғанын, сонымен қатар, Қапшағай қаласындағы №2 мектеп-гимназия ғимаратындағы Тудың ағаштан жасалған тұғырының жаңадан орнатылатынын жеткізді. Одан бөлек, Қапшағай қаласы газеттерінде Мемлекеттік рәміздерге қатысты жариядар сирек шығарылып, бар болғаны 10 мақала жарық көрген. Осындай кемшіліктерге байланысты облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар:

– Жасалған баяндамаларға көрнекіліктер қосу керек. Яғни, өткізілген шаралардың фотосуреттерін, бейнетүсірілімін қосып, келтірілген деректерді нақты мысалдармен бекіткен дұрыс. Ол үшін алдын ала дайындалып келу керек, – деп атқарылған жұмыстарды талапқа сай таныстырудың, көрсетудің қажеттігін атап өтті. *– Ішіндегі креативті, жаңаша тәсілдер, жаңа жобалар болса өзгелермен бөліскен жөн. Сол арқылы тәжірибе қалыптасады. Байқауымша, баяндамашылар құр сөзден қуырдақ қуырып, жазып алғанын бастан-аяқ зырылдатып оқып шығады. Іс-шараның өткен, өтпегенін ешкім білмейді. Сондықтан кеңестің жұмысына басымдық беру керек. Онсыз болмайды. Одан кейін тексеруге барғанда да фотосуретке, бейнекамераға түсіріп алып, кемшіліктерді нақты дәлелдермен бұқаралық ақпарат құралдарының сынына беру керек. Кемшілікті солай түзетпесек, басқа жол көрмей тұрмын. Мемлекеттік рәміздерге қатысты заң талаптарын толық орындауымыз керек. Шындығында Мемлекеттік рәміздерге деген құрметтен әрбір мекеменің мемлекеттің ұстанған саясатына деген көзқарасын байқауға болады. Сондықтан қоғамдық кеңестің отырысына көп келмейтін мүшелерді шығарып, олардың орнына белсенді жандарды алған дұрыс. Тіпті, қоғамдағы титтей кемшілікті байқап қоятын үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін қатарымызға қосайық. Өйткені, Мемлекеттік рәміздер күнделікті қадағалауды талап етеді.*

Кеңес отырысына қатысқан облыстық техникалық реттеу және метрология комитеті департаменті басшылығының міндетін атқарушы Әбсамат Әкімов стандартқа сай Елтаңба мен Туды бір ғана орыннан алу керектігін түсіндіріп өтті.

Мәди ӘСЕТҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ұлықталды

Құралбек СӘБИТОВ

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы жанындағы мәдениет пен өнерді дамыту мәселелері жөніндегі «Мирас» аймақтық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Біріншісі – «Ұлы Дала елі», Мәңгілік Ел» идеяларын мәдениет мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау. Ал екінші мәселе ретінде «Мирас» аймақтық қоғамдық кеңесі ағымдағы жылды қорытындылап, келер жылға жұмыс жоспарының жобасын талқылады.

«Мирас» аймақтық қоғамдық кеңесінің төрағасы, облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахым жиынды ашып, жүргізіп отырды. Алғашқы болып сөз алған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдіқадыров кеңес мүшелерін ел тәуелсіздігімен құттықтап, алдағы жұмыстың сәтті болуын тілек етті. Күн тәртібіне сәйкес басқарма басшыларының орынбасарлары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері сөз сөйлеп, насихаттық шаралар жайында айтып өтті. Бірінші болып сөз алған облыстық мәдениет басқармасының бөлім басшысы, кеңес мүшесі Төлеужан Ғұмаров «Мәңгілік Ел» идеясының мәдениет саласында жеткілікті деңгейде насихатталып жүргенін жеткізді. Оның айтуынша, кітапхана мен өнер саласы Ұлы Дала елі ұранын көтеруді де басты бағыт ретінде ұстанады. Облыстық «Жетісу» телеарнасы бас директорының орынбасары, кеңес мүшесі Досан Атантелов кез келген бағдарламада «Мәңгілік Ел» идеясы насихатталып жүргенін тілге тиек етті. «Болмыс», «Зерде», т.б. әлеуметтік тақырыптардағы бағдарламаларда да осы тақырып қозғалады. Басқа да ұсыныс-пікірлер айтылса, телеарна жоспарына енгізетінін де Досан Қызайбекұлы атап өтті. «Мәңгілік ел» тақырыптары облыстық «Жетісу», «Огни Алатау» газеттерінде жоғары деңгейде қозғалып келеді. «Огни Алатау» газетінің әр санында белгілі айдарлармен Ұлы Дала ұлықталса, «Жетісу» газетінде «Мәңгілік Ел» айқара беті бар. Бұл бетте жарық көрген барлық мақалалар ұлы Тұран даласының мәңгіліктігін насихаттауға күш салуда. Сол секілді «Ұлт ұяты» айқара беті де ұлтымызға ұят келтірер жайттарды жариялап, мәңгілік мәнді күн кешуге үндеуде. Газет бетінде жарияланған саяси және басқа да бағыттағы мақалалардың негізгі бағыты мәңгілікті үндеу. Бұл жайында «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Додабайұлы айтып өтті. Облыстық білім басқармасы тәрбие бөлімінің басшысы Айнагүл Үшкемпірова білім ордаларында «Мәңгілік Ел» идеясының мағынасы терең түсіндіріліп, жеткізілуде екендігін атап өтті. Аталмыш мәселе бойынша сөз алғандарға сауалдар қойылып, келешекте бұл орайдағы жұмыстарды жемісті жүргізу мәселелері қарастырылды.

Қоғамдық кеңестің 2017 жылға арналған жұмыс жоспары талқыланды. Кеңес мүшелері жоспармен жүйелі танысып, өз ұсыныс, пікірлерін білдірді. Келер жылға жұмыс жүйесі дауысқа салынып, жоспар бекітілді.

ЖАЙДАРМАН

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Достық үйінде «Қайырымдылық керуені» тақырыбында форум өтті. Оған қоғамдағы мұқтаж адамдарға, көп балалы отбасыларға қол ұшын беруден жалықпайтын жомарт жандар қатысты.

Мұқтаж жандарға жақсылық жасау мақсатында ұйымдастырылған облыстық «Қайырымдылық керуені» акциясы өз жалғасын тауып келеді. Оған түрлі жоба мен акцияны қолдап, қайырымдылық жұмысымен айналысып жүрген жомарт жандардың ерлік істері дәлел. Аталған республикалық жоба аясында облысқа, тіпті, елімізге танымал, меценаттардың қайырымды істері туралы арнайы дайындалған бейнеролик көрсетілді.

Салтанатты жиында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай қайырымды істің көшін бастап жүрген азаматтардың игі істеріне Ассамблея атынан ризашылығын білдірді. Әсіресе, жердегі бір баланы қуанту арқылы көктегі қырық періштені шаттандырып жүрген азаматтардың дендеріне саулық, отбастарына амандық тілеп, Алғыс хат тапсырды.

Кеш соңы ізгіліктің ізін жалғап келе жатқан қайырымды жандарға арналған концерттік бағдарламамен ұласты.

ҚАЗЫНАШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Облыс бойынша қазынашылық департаментінің табысы мол. Тәуелсіздік мерекесіне орай облыс қазынашылары Талдықорғанда бас қосып, қастерлі мерекені қарсы алды. Шара барысында аталған департаменттің басшысы Ермек Қыдыралиев әріптестерін құттықтап, марапаттарын табыстады.

– Тәуелсіздік – жер бетіндегі барша халық үшін қасиетті ұғым. Қазақ халқы да тәуелсіздікке жету үшін жүгі нарда, қазаны теңде, аяғы үзеңгіде болды. Ата-бабамыз тозақтың өзін, тағдырдың тезін де көрді. Мәскеуге бағынған бір орталықтан қаржыландырылатын жүйе ыдырап, ел билігін өз қолымызға алған тұста қазынашылық саласының мамандары ерен еңбек етті. Міне, сол игілікті істердің жемісін бүгін көріп отырмыз, – деді ол.

Марапаттың түр-түрі бар десек те, Тәуелсіздіктің 25 жылында жеткен жетістіктің орны ерекше. Биылғы марапат жетісулық қазынашылық саласы үшін тіптен бағалы деуге болады. Себебі, еліміз бойынша аталған салаға берілген «Ерен еңбегі үшін» медалі бірінші рет аудандық филиалдың қызметкеріне, яғни Панфилов аудандық қазынашылық басқармасының басшысы Светлана Сүлейменоваға берілді. Ал облыс бойынша қазынашылық департаментінің басшысы Ермек Сайлаубекұлы және оның орынбасары Светлана Лим, департаменттің әкімшілік бөлімінің басшысы Бақытгүл Жақыпбекова мен бас маман-бас қазынашы Қалибек Сауырбеков, Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының басшысы Алмагүл Башабаева «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалін кеудесіне тақты. Сондай-ақ, облыс бойынша қазынашылық департаментінің бас маман-бас қазынашысы Әсел Иманбаева облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен департаменттің бас маман-бас қазынашысы Бағлан Бекқожанов облыс әкімінің Алғыс хатымен, тағы да 25 қызметкер департамент басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ӨНЕР МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Жамбыл ауылында өнер мектебі ашылды. Мемлекетіміздің ширек ғасырлық тойында бұл ақын баба мекеніне жасалған тамаша тарту болды. Аудандағы екінші өнер мектебінің ашылуымен аудан әкімі Жандарбек Далабаев тұрғындарды құттықтап, салтанатты жағдайда рухани білім ұясының лентасын қиды.

Бұрынғы кеңшар кеңсесі мемлекет қаржысы есебінен күрделі жөндеуден өткізілгеннен кейін адам танымастай өзгеріп, аршыған жұмыртқадай жаңарған әдемі ғимаратқа айналыпты. Жамбыл баба музейінің маңында осылайша ауыл ажарын арайландыра түскен тағы бір нысан пайда болды. Қуанышты шараға жиналғандарға ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жанат Тұрапов ақсақалдық ақ батасын беріп, ауылдың ақжаулықты әжелері шашу шашты. Жас ақын Қаныбек Мұсаған арнау айтты.

Аудан басшысы бастаған топ өнер ошағының ішін аралап көрді. Киреберісте оларды ұлт аспаптар ансамблі күмбірлеткен күймен қарсы алды. 22 ұстаз 260 оқушыны сан түрлі өнерге баулитын қасиетті шаңырақ материалдық-техникалық базамен толықтай қамтамасыз етілген. Мұнда ақындар сыныбы, ән-терме, домбыра, фортепьяно, эстрада-вокал, хореография, қолөнер, бейнелеу, драма, қобыз, аккордеон, киім дизайны сыныптарында шәкірттерге дәріс беріледі. Мектеп жетекшісі Жанар Бақытқызының айтуынша, музыкалық ұлт аспаптарымен жеткілікті жабдықталыпты. Оқушылар Жамбыл ауылынан және осы маңайдағы Бұрған, Қарасу, Көкөзек, Қызылөскер, Саурық батыр ауылдарынан арнайы көлікпен тасымалданады.



ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАРҚЫН ІСТЕР БАСТАУЫ!

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ 2017 жылмен құттықтауы

Құрметті Алматы облысының тұрғындары!

Сіздерді Жаңа 2017 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

2016 жыл біз үшін аса елеулі жыл болды. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығын жан-жақты, кең көлемде атап өттік. Ширек ғасыр ішінде еліміздің жүріп өткен жолын, кешегісі мен бүгінін сараптадық. Әлемдік қауымдастық алдында беделіміз бекемдене түсті, халқымыздың тұрмыс жағдайы жақсарып, экономикалық қуаты артты. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген көшбасшылығымен Ұлы Дала елі ұлан-ғайыр істерді атқарды, алда белгіленген межелер одан да биік.

Табалдырығымыздан аттағалы отырған 2017 жылы қазақстандықтардың ел болып еңсерер белестері, жұрт болып жұмылар шаруасы ауқымды. Мемлекетіміздің әлеуетін әлемге паш ететін ЭКСПО–2017 Халықаралық көрмесін, Халықаралық қысқы Универсиада жарысын өткізу Қазақстанның үлесіне тиіп отыр. Мұндай дүниежүзі көз тіккен маңызды шаралардың елімізде өтуі – біз үшін үлкен абырой әрі зор жауапкершілік. Оларды лайықты дәрежеде атқаруға Алматы облысы да атсалысатын болады.

Құрметті жетісулықтар!

Жаңа жыл – тың бастамалар мен жоспарлардың кезеңі, әр адамның өз арман-тілектерін, сенімін еселеп, болашағына үлкен үміт артатын шақ. Барша халық асыға күтетін осы мерекеде әр шаңыраққа ырыс пен ынтымақ ұялап, бақ-береке дарысын деп тілеймін!

Алдағы жылда да бейбіт те берекелі қалпымыздан жазбай, қашанда жаңа күндер мен жарқын сәттерге куә болып жүрейік! Айдан аман, жылдан есен болып, еліміздің бақыты еселеніп, өрісі кеңейіп, табысы таси берсін!

Жаңа жыл құтты болсын!

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№144 (18276)

Сенбі, 31 желтоқсан, 2016 жыл.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ төрағалығымен әкімдіктің кезекті отырысы өтті. Онда «Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен аудан, қала әкімдіктерінің игерілмей жатқан ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша атқарып жатқан жұмыстары мен облыс әкімдігінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы «Алматы облысында туризмді дамытудың шебержоспарын орындау және оны іске асырудың 2014-2018 жылдарға арналған жоспары» туралы № 557 қаулысының орындалу барысы талқыланды.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ мәселелері әңгіме өзегіне айналды

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық деңгейдегі басқармалар мен департаменттердің басшылары, аудан, қала әкімдері, мәслихат хатшылары, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының, кәсіподақ ұйымдарының және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Амандық Ғаббасұлы алдымен күн тәртібінде қаралатын негізгі мәселелермен таныстырып, алғашқы сөзді орынбасары Серікжан Бескемпіровке ұсынды. Жерге қатысты жағдайды баяндаған Серікжан Ислямұлы осы бағыт бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттерді тізбектеді. Айтуынша, жер заңнамасы талаптарын сақтау мен заңбұзушылықты болдырмау мақсатында біршама жұмыс атқарылыпты. Пайдаланылмай жатқан ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді анықтау мен оларды мемлекетке қайтару жұмыстары да бекітілген кестеге сәйкес жүргізілген. Түсіндіру жұмыстарын жүргізудің және әкімшілік шараларды қолданудың арқасында биыл игерілмей жатқан ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4,7 есеге азайған.

Игерілмей жатқан жерлердің аумағы 58,4 мың гектарды құрайды. Соның ішінде суармалы, тәлімі, шабындық және жайылымдық алқаптар бар. Қазіргі кезде Ақсу, Алакөл, Балқаш, Панфилов, Үйғыр аудандары мен Қапшағай қаласында он бір жер пайдаланушы мемлекет пайдасы үшін жалпы аумағы 3,3 мың гектарды құрайтын жерлерінен бас тартқан. Жер пайдаланушылар 34,7 мың гектар алқабында өз жерлерін игеруді қолға ала бастапты. Жалпы аумағы 5,4 мың гектар жер телімі әділет органдарында иесіз жер ретінде тіркеуге алынып, 13,9 мың гектар жер телімі бойынша материалдар әкімшілік шаралар қолдану үшін тиісті басқармаға жөнелтілген. Сондай-ақ, баяндамашы әрбір аудан мен қалада ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге тексеріс жүргізу үшін жасақталған арнайы жұмыс топтарының пәрмеңділігін одан әрі күшейту керектігін сөз етті.

Бұдан соң Амандық Ғаббасұлы: – *Пайдаланылмай жатқан жерлердің басым бөлігі Ақсу ауданында екендігі анықталып отыр. Ал Сарқан, Іле, Еңбекшіқазақ Балқаш және Алакөл аудандарында жерді қайтарып алу жұмысы әлі де баяу жүргізілуде. Мәселе жерді иелерінен тартып алу да емес, оны айналымға енгізу басты мақсат. Біз ирригациялық жүйелерді қалпына келтіру арқылы инвестор тартудың қамына кірісуіміз керек. Осы арқылы игілігін мемлекет пен халық көруі тиіс. Игерілмей жатқан ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша жұмысты күшейтіңіздер. Әрбір аудан, қала әкімдері бұл іспен жеке айналысулары қажет. Біз бұл мәселені тағы да қарайтын боламыз. Барлық әкім аталған бағытта атқарған жұмыстары жайлы есеп беретін болады,* – дей келе жер мәселесіне салғыртық танытқан аудан әкімдеріне сын-ескертпелер айтып, бұл жұмыстың алдағы уақытта да қатаң бақылауда болатынын еске салды.

Әкімдік отырысында, сондай-ақ, облыста жер ресурстарының арнайы электронды картасының жасалғандығы, осы бойынша облыс аумағындағы барлық жер телімдерінің базалық кадастрлық мәліметтері, соның ішінде меншіктегі жер телімінің ауданы, шекарасы, нысаналы пайдалану мақсаты тәрізді мәліметтерді тез арада тауып алу мүмкіндігінің бар екендігі, бұл картаның интернетте әрбір азаматқа қолжетімді екендігі, соның арқасында картаның азаматтарға жер иелері туралы шынайы әрі ашық түрде мәлімет алуға мүмкіндік беретіндігі аталып өтті. Екінші мәселе бойынша облыстық туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арқау Шынтаев хабарлама жасады. Онда мәлім болғандай, соңғы жылдары туристік нысан саны көбейіп, оған келушілердің қатары артқан. Алакөл жағалауын дамыту бағытындағы жұмыстар да ретімен жалғасып жатқан көрінеді.

– *Мамыр айында әуежай құрылысы толық аяқталады. Содан ұшақтар көпшілік үшін қызмет көрсететін болады. Енді біз жолаушыларды көл жағалауына жеткізуді дұрыс ұйымдастыруымыз қажет. Демалыс аймағындағы қауіпсіздік мәселесі мен туристердің жағдайына ерекше назар аударуымыз керек,* – деді облыс басшысы. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады.



БРИФИНГ

Журналистер үйінде Жаңа жыл мерекесі қарсаңындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында облыстық төтенше жағдайлар департаменті брифинг өткізді.

Маусымдық жұмыс қорытындыланды

Айдар ҚАЛИЕВ

Шара облыстық төтенше жағдайлар департаменті өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызмет басқармасы басшысының орынбасары азаматтық қорғау подполковнигі Владимир Галузаның маусымдық жұмысты қорытындылау баяндамасымен ашылды.

– Өңірімізде биылғы жылы 1566 өрт тіркелді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4 пайызға өскен. Материалдық шығын саны да едәуір жоғары. Бір қуантарлығы жапа шеккендер саны аз. Тілсіз жаудың басым бөлігі осы Жаңа жыл мерекесінде тіркеледі. Сондықтан Жаңажылдық түрлі отшашулар жаққанда абай болыңыздар, – деп қатаң ескертті.

Аталмыш шарада түрлі-түсті отшашуларды қолдану ережелері, оны қайдан алу керектігі жайлы түсіндірілді. Өңіріміздегі аудан мен қалалардың 80-нен астам мектептері, облыс аумағында «Қауіпсіз Жаңа жыл» атты интерактивті сабақтар мен акциялар өтуде. Сонымен қатар ішкі істер департаментінің қызметкерлері облыс бойынша отшашуларды заңсыз сатылымнан тәркілеу аясында 15-тен астам рейдтік шара жүргізіп, сақтау мерзімі жоқ түрлі-түсті бенгал жарығын сатқан саудагерлерді ұстаған. Сондықтан базардан мерекелік атқыштар алғанда қарап алыңыздар деп ескертті.

Жиын соңында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызмет басқармасы мемлекеттік өрт бақылау тобының бас маманы азаматтық қорғау подполковнигі Толқын Қатышева:

–Тұрғындардан сұрайтынымыз пиротехникалық заттарды алмауға тырысыңыздар, не болмаса сапалы отшашулар қолданыңыздар. Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! – деп ізгі тілегін білдірді.

ЖӘРМЕҢКЕ

Жаңа жыл қарсаңында

Талдықорған қаласының Абай мен Қонаев көшелерінің қиылысында орналасқан «Оптмаркет» сауда орталығында ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Игілікті бастамаға Талдықорған және Текелі қалалары мен Қаратал, Көксу, Ескелді аудандарындағы тауар өндірушілердің 34 түрлі өнімі жеткізіліп, нарық бағасынан 15 пайызға дейін арзандатылып саудаланды. Жәрмеңкені облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ аралап, тиісті мекеме мамандарына сын-ескертпе айтты.



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ

Қажет АНДАС

Расында, жыл сайын көктем мезгілі мен Жаңа жылға қарай орын алатын тауар бағасындағы тұрақсыздық жұрттың қалыпты тіршілігіне қиындық тудыратыны анық. Сондықтан бағаның тым шарықтап кетпеуін қадағалау қажет. Бұл міндетті осыған дейін облыс орталығындағы «Коммуналдық» базар атқарып келді. Алайда кейінгі кездердегі алыпсатар саудагерлердің салдарынан баға тым шарықтап кеткенде аталған базар шешім етуде қауқарсыз болды. Тіпті, қала орталығындағы жолдардың бойына тізілген жабайы сауда нүктелері сауда-саттықтың қалыпты жүруіне кесірін тигізді. Осындай келеңсіздікті жою үшін облыстық әкімдіктің қолдауымен «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында «Оптмаркет» сауда орталығы бой көтерді.

Аталған сауда орталығы бүгінгі таңның барлық қажеттілігіне сай салынды. Ол еркін сауда жасайтын орындармен қатар онға жуық қойма, қонақүй, сыныы халыққа қызмет көрсетуге арналған нысандарда сауда жасауға ниетті адамдарға барлық жеңілдік қарастырылған. Яғни, шалғай ауылдағы тауар өндірушілер өз өнімдерін қоймаларға тегін сақтауға болады. Сонымен қатар, күнделікті өз өнімін саудалауға ниетті адамдар таңнан кешке дейін сауда жасауға мүмкіндік бар. Айта кетерлігі, алдағы үш айда сауда нүктелерін жолдау тегін. Одан ары қарай сауда орталығының басшылығы, облыстық кәсіпкерлік палатасы, облыстық «Жетісу» ӘКК»ҰК» арасындағы келісімшарт бойынша орындар жеңілдетілген бағада жалға беріледі. Ең бастысы, бұл жерде делдалсыз сауда жасауды бақылауға мүмкіндік мол. Алып-сатар саудагерлердің жөнсіз араласып, тауар өндірушілердің зиян шегуіне жол берілмейді. Демек, ауылдағы ағайын маңдай терімен өндірген өнімін тікелей саудалап, төккен терінің өтеуін ала алады.

Жаңа жыл қарсаңында тұсауы кесілген шара алдағы уақытта да жалғасып, қаладағы жабайы сауданың жолын кесіп, шаруалардың делдалсыз сауда жасауына жол ашпақ.

Жауапкершілігі зор шара

ЭКСПО-ның Қазақстанда өтетіні 2012 жылғы 12 қарашада Париж қаласында Халықаралық көрмелер бюросы Бас ассамблеясының кезекті отырысында дауыс беру арқылы шешілген еді. ЭКСПО-ны өз елінде өткізуге үміткер Бельгияның Льеж қаласы болатын. Дауыс берудің нәтижесінде 166 жылдық тарихы бар ЭКСПО-ны өткізу мүмкіндігін Астана 103 дауыспен жеңіп алды.

ЭКСПО дегеніміз, техникалық жетістіктер мен техниканың өзін назарға салатын халықаралық көрме. Ең алғаш 851 жылы Англияның принці Альберттің ұсынысы бойынша Лондондағы гайпаркте өткен. Көрменің тақырыбы «Барлық ұлттың өнеркәсіптік жұмыстарының ұлы көрмесі» деп аталды. Осы көрме халықаралық сауданың жандануына септігін тигізді. Сол жылдан бастап ЭКСПО деген атау алған бұл көрме жыл аралап өтіп тұратын болды. Мәселен, 1855, 1878, 1889 жылдары Парижде, 1939 жылы Нью-Йоркте, 1985 жылы Жапонияның Цукуба қаласында, 1992 жылы Италияның Севилья қаласында, 1998 жылы Португалияның Лиссабон қаласында өткізілді. Қазақстан 1997 жылы осы халықаралық көрме бюросына мүше болып қабылданды.

Ал 2008 жылы Испанияның Саргосса қаласында өткен көрмеге қатысып, 104 елдің ішінде павильонның ішкі және сыртқы көрінісін рәсімдеу өлшемі бойынша қола медалін жеңіп алды. ЭКСПО-ның Астанада өтуі ел үшін үлкен мәртебе және сын. Осы маңызды және жауапты жұмысты іске асыру мақсатында Елбасы 2012 жылғы 26 қарашада «ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесін дайындау мен оны өткізу жөнінде мемлекеттік комиссия құру туралы» № 436 Жарлыққа қол қойды. Осыған байланысты көрме өткізу үшін Астанадан 113 гектар жер телімі бөлінді. Қазір оның 25 гектарында көрмеге қажет құрылыс жұмыстары жүріп жатыр.

Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Гансалес Лоссорталес мырза Астанада болып, атқарылған істерге оң бағасын берді. Әр жылы өткізіліп жатқан көрмелер белгілі бір тақырып бойынша ұйымдастырылады. Мәселен, «ЭКСПО – 2015» Милан қаласында өткенде оның тақырыбы «Энергия өмір үшін. Планетаны азықтандыру» деп аталды. Ал біздегі өтетін ЭКСПО – 2017 «Болашақтың энергиясы» деп аталады. Бұл қазіргі және болашақтағы күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі. Мұнай, тас көмір және газ – энергия көзі болып табылады. Әр нәрсенің шегі болатыны рас. Олай болса, осы Жер-анамыздың беріп жатқан байлығының да шегі бар деп ойлаймын. Демек, келешекте балама энергия көзін табу кезек күттірмейтін мәселенің бірі болады.

Жерде балама энергия алу мүмкіндігі мол. Мысалы, күн сәулесінің, жел мен өзен суларының, жерасты су қоймаларының және геотермалды қуат күштерінің энергиясын пайдалану, сондай-ақ, құс пен малдың қиларын қайта өңдеуден өткізу арқылы биогаз алу сияқты мүмкіндіктері бар. Осыларды пайдалану жолдары Астанада өтетін «ЭКСПО – 2017» көрмесінде толық көрсетілетін болады. Ғалымдар осындай мәселемен айналысып, нақты ұсыныстар беруде. Ал Тараз мемлекеттік университетінің ғылыми бағдарламалар орталығының директоры Кенжеғали Шилібектің айтуынша, бізде жел энергиясының әлеуеті жылына 1820 миллиард кВт. сағатты, күн энергиясы 1триллион кВт. сағатты құраса, ал құс пен мал қиынан 2 миллион тонна биогаз алуға болады екен. Бұл үлкен мүмкіндік деген сөз. «Болашақ қуаты» елде жасыл технологияның дамуына жол ашатын бірден-бір жоба.

Жерасты қазба байлықтарын сақтай отырып, балама қуат көздерін пайдалануды 2020 жылы 3 пайызға, 2050 жылдары 30 пайызға дейін жеткізу көзделіп отыр. Ел Президентінің «Елдің «жасыл» жолға көшуіне «ЭКСПО –2017» көрмесі қуатты серпіліс беруі тиіс. Көптеген қазақстандық біз қол созып отырған «болашақ энергиясын» өз көзімен көре алады» – деп айтқаны шындыққа айналмақ. Қазірдің өзінде Астанада көрмеге арнап көзтартарлық қаншама құрылыс нысандары салынды. Лондондағы Хрусталь сарайы мен 1889 жылы Парижде өтетін көрме қарсаңында бой көтерген биіктігі 320 метрлік Эйфель мұнарасы сияқты Астанадағы керемет құрылыстардың да алар орны бөлек болмақ. Париж демекші, осында 1925 жылы өткен ЭКСПО көрмесіне алғаш қатысқан қазақ Әміре Қашаубаев болатын.

Қазақтың біртуар әншісі сол жылғы 20 шілдеде өткен көрменің этнографиялық концертінде «Ағашаяқ», «Дудар-ай», «Балқадиша», «Жалғыз арша», «Қараторғай», «Үш дос» және «Смет» өндерін орындап, күллі әлемді тамсандырған еді. Француздың атақты жазушысы Ромен Роллан соған орай «Мен Шығыста өншіні бүлбүлға теңегенін енді түсіндім» деп таңдай қаққан. Ертесінде «Париж апталығы» газеті мен «Ле мюзикль» журналы Әмірені сирек кездесетін талант деп жазса, 26 маусымда «Правда» газеті де осы тұрғыда көлемді мақала жазды.

ЭКСПО-ны өткізу кезінде ерікті аудармашылар жұмыс істейді деп жоспарланып отыр. Олар келген қонақтарға қазақ тіліндегі мәтіндерді тікелей аударып, біздің тілді дүние жүзіне танытпақ. Бұл қазақ жастарының еліне, жеріне, Отанына деген патриоттық сезімдерінің ояуына ықпал ететін болады.

Беркін ӘКЕБАЕВ,
республикалық «Алтын қалам» әдеби байқауының жүлдегері.

Жетісу 1918–2017

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

СҮЙІНШІ!



Басымызға бас қосылды. Қарамыз көбейіп, қатарымыз толықты. Қазақ даласы іңгәлаған сәбидің дауысына бөленді. «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар САРЫБАЕВ «Бақытты балалық шақ» жобасы бойынша Талдықорған қаласындағы перинаталды орталыққа барып, жас босанған аналарды құттықтап, бүлдіршіндерге жөргек сыйлады. Желтоқсан айының 31-і мен қаңтардың 1-і аралығында үш ана босанды. Бір қызығы, жарық дүниеге келгендердің үшеуі де қыз бала.

ҚУАНЫШ ҚОСАРЛАНДЫ

Палатаға кіргенімізде бүлдіршіндердің іңгәлаған дауысы көңілге шаттық сыйлап, жүрекке жылылық орнатты. Аналар бөпелерін құшағына қысып, көрпемен шақалақтың бет-жүзін көлегейлейді. Әр анаға тән қасиет. Көз тимесін деп сақтанғандықтың белгісі. Ғалиасқар Төлендіұлы жаңа босанған аналарды шаттық күнімен құттықтады. – Амандық болса бүгінгі туған бүлдіршіндер Тәуелсіздіктің 50 жылдығында жиырма беске келеді. Яғни, ержетіп, елге қызмет етеді. Ендеше, мемлекетіміздің іргетасының мықты болуына еңбек сіңірер ұлқыздарымыз аман болсын! Балалар бақытты болу үшін, сіздердің денсаулықтарыңыз зор болуы керек. Амандықтарыңызды тілейміз! – деді ол. Құшағы гүлге толған аналар да партия жетекшісіне алғысын арнады. Гүлнәр Қайыржан Алғабас ауылының, Қызылтоған елді мекенінен. Бесінші баласына босаныпты. Бұрын үш қыз бір ұлды өсіріп жатқан ана төртінші ат байларды дүниеге әкелді. Гүлнәр: – әрбір шаңырақ сәбидің күлкісіне бөленсін. Үрпағымыз өсіп-өне берсін! Ел аман, жұрт тыныш болсын, – деген ақ тілегін арнады. Қыз бала көп туған жылы әлемде бейбітшілік орнайды деген қағида бар. Бүгінгі үш бүлдіршіннің тууы көңілімізге сергектік сыйлады. Халық айтса, қалт айтпайды. Яғни әр ұлт өз елі, өз жерінде алаңсыз өмір сүреді.

Облыстық перинаталды орталықтың директоры Қанат Жұмашевтің айтуынша, соңғы жылдары бала туу саны өскен. Өткен жылы бала саны «6130-ға жетіпті. Мұндай көрсеткіш бұрын-соңды болмаған екен. Орталық директоры Қанат Қалиқанұлы: – 6130 баланың тууын – әйел-аналардың Тәуелсіздіктің 25 жылдығына жасаған тартуы деп білеміз», – дейді әзіл-қалжыңға сүйеп.

Иә, қуаныш еселеніп жатыр. Қазекем жақынын қуантқысы келгенде жақсылығың қос-қостан келсін деп жүрекжарды лебізін арнайды. Қарамыз сағат санап көбейіп келеді. Ендеше, жақсылықтың қосақталып келуі осы емес пе?!

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

ДЕПУТАТ ЕЛ ІШІНДЕ



Іле ауданына жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Үмбетов аудан әкімі Қыдыркелді Медеуовтің бастауымен өңірдегі бірқатар кәсіпорынды аралап, жұмыс барысымен танысты.

Іледегі іргелі істер

Мақпал МЫСА

Халық қалаулысы ең алдымен сүт өнімдерін өндірумен танымал «Данон» зауытына ат басын бұрды. Бүгінде еліміздегі 200-ден аса кәсіпорын жыл сайын 5 млн. тонна сүт өндіреді. Соның ішіндегі ең ірісі әрі өнімі халықаралық өлшемге сай келетін «Данон» зауытын жұрт жақсы біледі. Әлемнің 150-ден астам еліне танымал француздық бренд негізінде 2009 жылы қолға алынған зауыттың құрылыс жұмысына Серік Әбікенұлы оң бағасын берген болатын. Зауыт алғашында 11 түрлі өнім өндірсе, бүгінде 58 түрлі өнім шығарып отыр. «Данон» зауытының бас инженері Юрий Ершовтың айтуынша, зауытта бүгінгі таңда 14 мың тонна өнім шығарылады. Онда 2300 тасымалдаушы қызмет етеді. Олардың ішінде сүт, өңделмеген материал, қорап жеткізумен әлденеше кәсіпорын айналысады.

Зауыттың бүгінгі әлеуетімен толық танысып шыққан Серік Үмбетов:

– Қазақстан осындай ірі кәсіпорындары арқылы 200 миллионнан астам халық тұратын Кедендік одақ пен Орта Азия елдерінің арасындағы өндірістік ынтымақтастықты дамытатын көпірге айналды. Өндіріс ошағы 400-ге жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтумен бірге алыс ауылдардан жеткізілетін құнарлы сүтті өңдеуден өткізу арқылы мал шаруашылығын дамытуға үлкен серпіліс беруде. Бұл зауыт алдағы уақытта да ел үмітін ақтап, даму қарқынын әлсіретпейтініне сенемін, – деп жоғары баға берді.

Халық қалаулысының жұмыс кестесіндегі келесі бағыт «Даму» логистикалық орталығы болды. Орталық аумағында ол "Amanat Invest Group» ЖШС президенті Сәкен Тойлыбаевпен жұмыс туралы пікірлесті. Сонымен қатар, аудандағы «Междуреченск-Агро» ірі қара мал шаруашылығы фермасының жағдайымен танысып, келешегін бағамдады.

Іле ауданы.



ЖҮЗДЕСУ

ТӘЖІРИБЕМЕН БӨЛІСТІ

Ішкі істер органдарында ұзақ жыл мінсіз және адал еңбек еткен ІІМ-нің құрметті қызметкері полковник Аманғали Ғаббасұлы БАТАЛОВ облыстық ІІД-де Жетісу полицейлерімен кездесті.



Ондағы басты мақсат – ішкі істер органдарының қызметкерлерін отансүйгіштік сезімге баулып, жауапкершіліктің маңыздылығын түсіндіре отырып, өз мемлекетіне деген адалдығы мен берген антына және қызметтік міндетіне адал болу рухында тәрбиелеу.

Келелі кездесуге полковник Аманғали Баталовпен бірге қонақ ретінде Қазақстан Республикасының ҰҚК академиясының терроризмге қарсы дайындық факультетінің доценті подполковник Мейірхан Өмірбеков та қатысты.

Ішкі істер департаментінің жеке құрамына Аманғали Баталовтың өмірі жайлы фильм көрсетіліп, Ішкі істер министрлігінде атқарған қызметі мен еңбек өтілі кезінде танытқан ерлігі, жеткен жетістігі жайында бейнесюжет қойылды. Сонымен қатар терроризмнің алдын алу бойынша бірқатар түсіндірме жұмыстары да жүргізілді.

Бұған қоса кезінде Мемлекет басшысының оққағары болып қызмет еткен Аманғали Баталов облыс полицейлерімен өзінің кәсіби тәжірибесімен бөлісіп, полицейлер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері тарапынан қойылған сұрақтарға жауап қатты.

Кездесу соңында Аманғали Ғаббасұлына атаулы қолсағат және «Еңбек сіңірген ардагер» төсбелгісі мен басқа да ескерткіш сыйлықтар табысталды.

М. СЕРІККЫЗЫ.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІК



Кәсіпкерлерді алаңдатар мәселе көп

Облыстық кәсіпкерлік палатасында бас қосқан Қазақстанның мектепке дейінгі білім беру қауымдастығының Алматы облыстық филиалы, білім басқармасы, прокуратура өкілдері және кәсіпкерлер мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мәселелерін талқылады.

Алма ЕСЕНБАЕВА

Алғашқы болып сөз алған Мектепке дейінгі білім беру қауымдастығының Алматы мен Алматы облысы бойынша филиалының директоры Күлән Батырбекова тексерістердің көптігі жекеменшік балабақшалар жұмысына кедергі келтіретінін, кейбірі оған төтеп бере алмай жабылуға мәжбүр болып отырғанын алға тартты.

Келесі кезекте сөз сөйлеген Талдықорған қалалық филиалының директоры Маржан Ахметжанова мемлекет тарапынан жекеменшік балабақшаларға бөлінетін қаражат баланың жан басына орай төленетінін, балабақшаға келмей қалған күндері ол қаржы қайта қайтарылып алынатынын, осыған орай көптеген қиындық туындайтынын атап өтті. Бұл қаржы тәрбиешінің жалақысы мен балабақшаның коммуналдық қызметіне жұмсалады. Балабақшаға келмей қойған күндерге мемлекеттен қаржы төленбегенімен тәрбиеші толық сағат қызметін өтейді, жылу жүйесінің шығынын да ешкім төмендетпейді, заңнаманы жасағандар осы жағына мән бермеген. Маржан Мұратқызының айтуынша, баланың тамағы үшін төлейтін қаржыны жергілікті әкімдік белгілейді. Мұнда да біркелкілік жоқ. Бірінде балабақшаға ата-аналар төлейтін қаржы 15-16 мыңды, енді бірінде 23-33 мыңды құрайды.

– Бұл төлемді қайдан алып белгілейді? Жекеменшік балабақшаларға қатысты осындай түсініксіз жайт көп. Ата-аналар төлейтін қаржының 11 мыңы тамаққа, қалғаны оқу құралдарына, балабақшаның дамуына жұмсалады. Сонда 4 мың неге жетеді? Жекеменшік балабақша табыс табудың көзі болғандықтан кәсіпкер одан пайда көруі қажет емес пе? Балабақшаны ашу үшін кеткен қарыздарды өтеуі, несие төлеуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік кәсіпкерлерге тиімді емес. Бұл мәселелер жергілікті жерде шешімін таппаса, біз министрлікке заңды қайта қарауды ұсынбақпыз, – деді.

Осыған орай түсіндірме беріп өткен облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Гүлжан Елубаева бұл мәселе біраз уақыттан бері талқыдан өтіп, министрлікке ұсынылғанын жеткізді. Заңнамаға өзгерістер енгізілсе, келесі жылдан бұл мәселелер шешімін табатынын айтты.

Бейнеконференция арқылы осы жиынға қатысқан аудандардағы жекеменшік балабақшалардың басшылары да өз пікірлерін ортаға салды. Кәсіпкерлердің сауалдары мен ұсыныстарына прокуратура мен мемлекеттік кіріс департаментінің өкілдері де жауап берді, олар бизнес-қауымдастықпен әрдайым бірге жұмыс істеуге дайын екендіктерін жеткізді. Қатысушылар бұл мәселелерді кеңірек талқылау үшін келесі жылы тағы бір кездесу өткізетін болып тарқасты.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Еңбек заңнамасынан босатылды

Жетісулық кәсіпкерлер үш жылға еңбек заңнамасына қатысты тексерулерден босатылады. Бұл туралы облыстық кәсіпкерлік палатасында өткен «дөңгелек үстелде» айтылды.

Қажет АНДАС

Естеріңізге сала кетсек, осыдан үш жыл бұрын жұмысшылардың еңбек құқығын сақтау бойынша жоба басталды. Аталған жобаны ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасымен бірлесіп, ҚР кәсіподақтар федерациясының қолдауымен жүзеге асырды. Жобаға қатысушы әрбір кәсіпкер мейлі ірі немесе шағын кәсіпкерлікпен айналыссын, мемлекет сенімін ақтай отырып, жұмысшыларының құқығын қорғау міндеттерін орындауы тиіс. Осы шарттарды толық орындаған кәсіпорындарға сенім сертификаты беріліп, үш жыл бойы еңбек заңнамаларын қадағалау бойынша еңбек инспекциясының тексеруінен босатылады. Ол еңбекті қорғау саласында жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, жұмыс берушілердің шығыны мен әкімшілік кедергілерді азайтуға септеседі.

Қазіргі таңда сенім сертификаты Алматы, Қызылорда, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында пилоттық жоба ретінде жүргізілуде. 2013 жылдан бері сенім сертификатына облысымыздағы «Қазақтелеком» АҚ облыстық филиалы, «ТАТЭК» АҚ, «Инфраэнерго», «Интеллесервис», «Kagaz Recycling», «Ирада-Балық», «Қаратал Транзит», «Doron Food», «ISKER COMPANI», «Кортракт» ЖШС ие болса, биыл «Куанф Гипс Қапшағай», «Ақсу ГЭС», «Сеюк», «Фирма Темарлан», «Электрсервис», «Метакон», Супле Қазақстан» ЖШС қол жеткізді. Демек, аталмыш жобаға қатысушылардың қатары жыл сайын артып келеді. Бұл өз кезегінде өңірлердегі кәсіпкерліктің дамуына мүмкіндік береді.

ӘЛЕУМЕТ

ЗЕЙНЕТАҚЫ тоғыз пайызға өсті



Қазақстан Республикасының «2017–2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2016 жылғы 31 тамыздағы № 511 Заңына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері алатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерінен 9 пайызға өсірілді.

Жоғарыда көрсетілген Заңға сәйкес жасына байланысты зейнетақының ең төменгі мөлшері 2017 жылдың 1 қаңтарынан 28148 теңге мөлшерінде (2016 жылдың 1 қаңтарында 25824 теңге болған), базалық зейнетақы мөлшері 2017 жылдың 1 қаңтарынан 11965 теңгеден 12802 теңгеге дейін өсірілді. Яғни, 2017 жылдан жасына байланысты зейнетақының ең төменгі мөлшері базалық зейнетақыны қосып есептегенде 40950 теңгені құрады (2016 жылы 37789 теңге болған). Ең төменгі күнкөріс деңгейі 2017 жылдың 1 қаңтарынан 24459 теңге болса, осыған байланысты ең төменгі жалақы құны 24459 теңге болып белгіленген. Қазақстан Республикасының 2013 жылдың 21 маусымындағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында тағайындалатын зейнетақы мөлшерін есептеу үшін қолданылатын орта айлық табысы 41 айлық есептік көрсеткішпен шектеледі. 2016 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының «2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес 2017 жылға айлық есептік көрсеткіштің 2269 теңге мөлшерінде белгіленгендіктен 2017 жылдың 1 қаңтарынан жасына байланысты зейнетақы тағайындалатын азаматтарға зейнетақы мөлшерін есептеуге алынатын табыс 93029 теңгемен шектелетін болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес 2017 жылға арналған айлық есептік көрсеткіштің 2269 теңгеге дейін көбейтіліп белгіленуіне байланысты, арнайы мемлекеттік жәрдемақының, № 1 және № 2 Тізімдер бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың, бала туғанда бір рет төленетін және бала бір жасқа толғанға дейін күтімі үшін жәрдемақының, Семей ядролық сынақ полигонында зардап шеккен азаматтарға бір рет төленетін өтемақының, жаппай саяси зардап шеккен азаматтарға төленетін өтемақының мөлшерлері де өсті.

1997 жылғы 16 маусымдағы №126 «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Заңының 12 және 16 баптарына сәйкес мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің көтерілуіне байланысты өсірілді. 2017 жылдың 1 қаңтарынан I топтағы жалпы ауруы бойынша мүгедектің жәрдемақы мөлшері 43538 теңгені құрады (2016 жылдың 1 қаңтарынан 40690 теңгені құраған), II топтағы жалпы ауруы бойынша мүгедектің жәрдемақы мөлшері 33999 теңгені құрады (2016 жылдың 1 қаңтарынан 31775 теңгені құраған), III топтағы жалпы ауруы бойынша мүгедектің жәрдемақы мөлшері 23970 теңгені құрады (2016 жылдың 1 қаңтарынан 22402 теңгені құраған), 16 жасқа дейінгі мүгедек балалардың жәрдемақы мөлшері 32042 теңгені құрады (2016 жылдың 1 қаңтарынан 29946 теңгені құраған).

Мүгедек баланы (18 жасқа дейін) тәрбиелейтін ата-анаға (қорғаншысына, қамқоршысына) төленетін жәрдемақының мөлшері ең төмен жалақының өсуіне байланысты өсірілді, яғни, 2017 жылдың 1 қаңтарынан осы жәрдемақының мөлшері 25682 теңгені құрады. Облыс бойынша 2016 жылдың 1 қаңтарынан жасына байланысты зейнетақы, базалық зейнетақы төлемдері және мемлекеттік әртүрлі жәрдемақы 639974 төлемдер бойынша өсірілді.

Әлеуметтік төлемдердің өсірілген мөлшері «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациялық емес акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалы – «Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы» департаментінің бөлімшелерімен 2017 жылдың қаңтар айынан бастап төленетін болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған салтанатты жиналысында Үкіметке берген тапсырмаларында 2017 жылы зейнетақы көлемін 2016 жылғы деңгейден 20% көтеру және бала тууына байланысты бір реттік жәрдемақы көлемін 2017 жылдың 1 шілдесінен 20% арттыру қаралған. Осы тапсырмаға байланысты 2017 жылдың 1 шілдесінен зейнетақы мөлшері, 2017 жылдың 1 қаңтарынан өсірілген 9% есепке алына отырып, 11 пайызға өсірілетін болады.

Жұмабек ДӘЛІБАЕВ,
ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департамент басшысының орынбасары.



КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС

Жылды табысты қорытындылады

Қаратал ауданында облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің көшпелі отырысы өтті. Шарада кәсіпкерлер жылды қорытындылап, аймақтық бизнес-климатқа өз бағаларын берді.

Қозыбай ҚҰРМАН

Жиынға облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаева, Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бисембаев және мемлекеттік орган өкілдері мен кәсіпкерлер қатысты. Кездесуді өңірлік кеңестің төрайымы Римма Салықова жүргізіп отырды.

Жыл басынан бері палатаға құқықтарын қорғау бойынша 300-ден аса өтініш келіп түскен. Оның дені нақты шешімін тапқан. Осы ретте биылдыққа Қаратал ауданында атқарылған нақты істер жетерлік. Бұл туралы Қайрат Әшірәліұлы баяндады.

– Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағыттары бойынша тиімді жобалар әзірлей бастадық. Оның көрінісі – қазір аудан орталығында 50 гектар жерде өндірістік алаң ашып, өңір бойынша индустриялды аймақ құруды қолға алған төрт аудан-қаланың біріне айналдық. Бұдан бөлек, осы жылдың көктем айларында тұңғыш рет инвестфорум өткізіп, алты инвестормен ортақ мәмілеге келдік. Тіпті, бүгінгі өздеріңіз көріп қайтқан жаңа қоныстағы Кәсіпкерлер үйінің ашылуы да бұл бағыттағы жұмысымыздың жемісті екенін аңғартса керек, – деді ол.

Осы барыста ауданның кәсіпкерлікті дамытудағы жыл қорытындысымен танысқан Ләззат Алтынбекқызы мұндағы тыңғылықты жобаларға өз ризашылығын білдірді. Келесі жылға жоспарлар көп екенін тілге тиек етті.

– Осы кеңестің жоспарын аудандық кеңестерге жеткізіп, өзге аймақтарда да осындай отырыс өткізсек, күрмеуі шешілмейтін сұрақ болмайды. Облыс кәсіпкерлерінің мүддесін заң жүзінде қорғап, оларға үнемі қолдау көрсету біздің жұмысымыз, – дейді Ләззат Алтынбекқызы.

Бұдан әрі кәсіпкерлер қоғамдастығы құқыққорғау органдары жүргізетін жоспардан тыс тексерулер, ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздікті сақтау, ауылшаруашылығы өндірушілерін қаржылай қолдау мәселелерін талқылап, өз ұсыныстары мен сын-ескертпелерін жеткізді.

Қаратал ауданы.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 101-бабы 4-тармағына сәйкес Алматы облыстық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Алматы облысы мәслихаттарының шығып қалған депутаттардың орнына сайлау өткізу:
– Алматы облыстық мәслихатының № 15 Райымбек сайлау округі;
– Алакөл аудандық мәслихатының № 13 Көлбай сайлау округі;
– Ескелді аудандық мәслихатының № 10 Қаңғ зауыты сайлау округі;
– Жамбыл аудандық мәслихатының № 12 Берістас сайлау округі;
– Қарасай аудандық мәслихатының № 11 сайлау округі;
– Қарасай аудандық мәслихатының № 12 сайлау округі;
– Қарасай аудандық мәслихатының № 14 сайлау округі;
– Панфилов аудандық мәслихатының № 6 шекаралық сайлау округі;
– Үйғыр аудандық мәслихатының № 2 Үлкен Ақсу сайлау округі бойынша 2017 жылғы 26 наурызға тағайындалсын.

2. Қоса беріліп отырған Алматы облысы мәслихаттарының шығып қалған депутаттарының орнына сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шараларды күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 103-бабы 6-тармағына сәйкес шығып қалған депутаттардың орнына депутаттыққа кандидаттар ұсыну, сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, сайлау күніне бір ай қалғанда аяқталады (2017 жылғы 26 қаңтарда басталып, 2017 жылғы 25 ақпанда аяқталады).

4. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 104-бабы 8-тармағына сәйкес мәслихат депутаттығына кандидатты тіркеу, сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, сайлау күніне жиырма бес күн қалғанда аяқталады (2017 жылғы 26 қаңтарда басталып, 2017 жылғы 1 наурызда аяқталады).

5. Тиісті сайлау комиссиялары Алматы облысы мәслихаттарының шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды әзірлеуді және ұйымдасқан түрде өткізуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

7. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына жіберілсін.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Т. ДӘУІТОВ.

2017 жылғы 25 қаңтардағы Алматы облыстық сайлау комиссиясының № 10 қаулысына қосымша

2017 жылғы 26 наурызға тағайындалған Алматы облысы мәслихаттарының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Сайлау округтері бойынша мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну. Республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің жоғарғы органдары және азаматтар – өзін-өзі ұсыну жолымен.	**2017 жылғы 26 қаңтарда басталады және сайлау күніне бір ай қалғанда – 2017 жылғы 25 ақпанда аяқталады.** (103-б.)
2. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы ақпаратты тиісті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау. Тиісті әкімдер. Сайлау тағайындалғаннан кейін	**жеті күннен** кешіктірмей – **2017 жылғы 1 ақпан нанкешіктірмей.** (23-б.)
3. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау тағайындалғаннан кейін	**жеті күннен** кешіктірмей – **2017 жылғы 1 ақпаннан кешіктірмей.** (17-б.)
4. Сайлау округтерінің тізімдерін, олардың шекараларын және округтік сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау тағайындалғаннан кейін	**он күннен** кешіктірмей – **2017 жылғы 4 ақпаннан кешіктірмей.** (22-б.)
5. Округтік сайлау комиссияларының құрамын тиісті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау. Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кейін кешіктірмей –	**2017 жылғы 4 ақпаннан кешіктірмей.** (15-б.)
6. Аумақтық сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау тағайындалғаннан кейін	**он күннен** кешіктірмей – **2017 жылғы 4 ақпаннан кешіктірмей.** (13-б.)
7. Сайлаушылардың тізімдерін жасау. Тиісті жергілікті атқарушы органдар, халықты есепке алуды жүзеге асыратын органдар ұсынатын мәліметтердің негізінде.	(24-б.)
8. Сайлаушылардың тізімдерін акт бойынша тиісті сайлау комиссиясына жеткізу. Тиісті әкімдер. Дауыс беру бастalрдан	**жиырма күн** бұрын – **2017 жылғы 5 наурыздан кешіктірмей.** (24-б. 5-т.)
9. Мәслихат депутаттығына ұсынылған кандидаттың назарына оның ұсынылғаны туралы шешімді жеткізу. Қоғамдық бірлестіктердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің жоғарғы органдары	(103-б. 3-т 1 т-ша)
10. Мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсыну туралы шешімді кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге округтік сайлау комиссиясына ұсыну. Қоғамдық бірлестіктердің олардың құрылымдық бөлімшелерінің жоғарғы органдары, депутаттыққа кандидаттар.	(103-б. 3-т. 2 т-ша)
11. Мәслихат депутаттығына кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының талаптарына сәйкестігін анықтау. Округтік сайлау комиссиялары. Азаматтың өзін-өзі ұсыну жолымен дауысқа түсуге берген өтініші немесе қоғамдық бірлестіктің жоғарғы органының кандидатты ұсынуы туралы хаттамасының көшірмесінен қоса, оның дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішті түскен сәттен бастап	**үш күн ішінде**. (103-б. 8-т.)
12. Тұрғылықты жері бойынша салық органдарына **2017 жылғы 1 қаңтарға** Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда табысы мен мүлкі туралы декларация тапсыру. Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы). Кандидат тіркелгенге дейін.	(104-б.1-1т.)
13. Мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу және әрқайсысына тиісті куәлік беру. Округтік сайлау комиссиялары. **2017 жылғы 26 қаңтарда** басталады және сайлау күніне **жиырма бес күн қалғанда – 2017 жылғы 1 наурызда** аяқталады.	(104-б. 8-т.)
14. Мәслихат депутаттығына кандидатты тіркеу туралы хаттама жасау және оны тиісті аумақтық сайлау комиссиясына табыс ету. Округтік сайлау комиссиялары. Бескүндік мерзімде.	(104-б. 5-т.)
15. Мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хабарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау. Округтік сайлау комиссиясы. Кандидаттарды тіркегеннен кейін	**жетінші күннен** кешіктірмей. (104-б. 6-т.)
16. Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) жарияланған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру. Салық қызметі органдары Кандидат тіркелген күннен бастап	**он бес күн ішінде**. (104-б. 1-1т.)
17. Мәслихат депутаттығына кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және әрқайсына тиісті куәлік беру. Округтік сайлау комиссиялары. Сенім білдірілген адамдардың тізімдерін тіркеу үшін берген сәттен бастап	(31-б.)
18. Сайлау алдындағы үгіт. Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталып **(2017 жылғы 2 наурызда басталады),** сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады **(2017 жылғы 24 наурызда сағат** 24.00 аяқталады)	(27-б. 2-т.)
19. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарықтандыру. Жергілікті атқарушы органдар және тиісті аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау тағайындалған күннен бастап сайлау алдындағы үгіт басталғанға дейін.	(28-б. 6-т.)
20. Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай беру. Бөлінген үй-жайда кандидаттардың сайлаушылармен кездесулер кестесін жасау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары. Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде.	(28-б. 4-т.)
21. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдерін сайлаушыларға танысу үшін ұсыну. Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс беру күніне дейін **он бес күн қалғанда –** 2017 жылғы 10 наурыздан кешіктірмей.	(26-б. 1-т.)
22. Сайлау учаскелерінде дауыс беретін уақыт пен орын туралы сайлаушыларды хабардар ету. Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс беру өткізілетін күнге **он күннен** кешіктірмей **– 2017 жылғы 15 наурыздан кешіктірмей.**	(38-б. 2-т.)
23. Жекелеген сайлау учаскелерінде, қажет болған жағдайда, дауыс берудің басталуын және аяқталуын басқа уақытын белгілеу және ол туралы шешімді сайлаушылардың назарына жеткізу. Аумақтық сайлау комиссиялары.	(38-б. 1-т.)
24. Сайлау округі бойынша сайлау нәтижелері анықталатын округтік сайлау комиссиясының отырысын өткізу үшін, отырыс орны мен уақыты туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарына жариялай отырып, сайлау учаскесін айқындау. Округтік сайлау комиссиялары. Дауыс беру күніне дейінгі **он күннен** кешіктірмей – **2017 жылғы 15 наурыздан кешіктірмей.**	(43-б. 8-1-т.)
25. Сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу. Аумақтық және округтік сайлау комиссиялары. Сайлаудан кем дегенде бір күн бұрын – **2017 жылғы 24 наурыздан кешіктірмей.**	(37-б. 3-т.)
26. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау. Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс беру басталардан **бір сағат бұрын. (2017 жылғы 26 наурызда жергілікті уақыт бойынша сағат 6-00 - де)**	(40-б.)
27. Дауыс беруді өткізу. Учаскелік сайлау комиссиялары. Егер дауыс беру уақыты өзгертілмеген болса, сайлау күні, **2017 жылғы 26 наурызда** жергілікті уақыт бойынша **сағат** 7-00-ден 20-00- ге дейін)	(38-б. 1-т., 42-б.)
28. Сайлау учаскесінде дауыстарды санау туралы хаттама жасау. Учаскелік сайлау комиссиялары. Егер дауыс беру уақыты өзгертілмеген болса, жергілікті уақыт бойынша **сағат 20-00-де** басталады.	(43-б.)
29. Хаттаманың көшірмесін жалпыжұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайындағы арнайы белгіленген орынға ілу. Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыстарды санау аяқталысымен - **дереу**.	(43-б. 8-т.)
30. Дауыстарды санау нәтижелері туралы хаттаманы тиісті округтік сайлау комиссиясына ұсыну. Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыстарды санау аяқталып, хаттама жасағаннан кейін – **дереу**.	(108-б. 1-т.)
31. Сайлау округі бойынша мәслихат депутатын сайлаудың нәтижелерін белгілеу, тиісті хаттама жасау оны тиісті аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну. Округтік сайлау комиссиялары. Сайлау өткізілген күннен бастап **екінүндік мерзіммен** асырмай – **2017 жылғы 28 наурыздан кешіктірмей.**	(108-б. 2-т.)
32. Сайлау округі бойынша сайлау нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін жалпыжұрттың танысуы үшін округтік сайлау комиссиясының отырысы өткізілген сайлау учаскесінің үй-жайында ілу. Округтік сайлау комиссиялары. Дауыстарды санау аяқталып, хаттама жасалғаннан кейін – **дереу.**	(43-б. 8-1-т.)
33. Сайлау учаскелерін дауыстарды санаудың нәтижелері туралы алдын ала жиынтық тізімдемені жалпыжұрттың танысуы үшін отырыс өткен сайлау учаскесінің үй-жайында ілу. Округтік сайлау комиссиялары . Дауыс беру күнінен бастап **бес күннен** кешіктірмей – **2017 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей.**	(43-б. 8-2-т.)
34. Округ бойынша сайлау нәтижелері туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау. Округтік сайлау комиссиялары.	(16-б.9 т.)
35. Мәслихат депутаттарын сайлаудың қорытындыларын анықтау. Аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау өткізілген күннен бастап бесқүндік мерзіммен кешіктірмей – **2017 жылғы 30 наурыздан кешіктірмей.**	(111-б. 1-т.)
36. Мәслихат депутаттарын сайлаудың қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау өткізілген күннен бастап **жеті** күннен кешіктірмей – 2017 жылғы 1 сәуірден кешіктірмей.	(44-б. 4-т. 2 т-ша)
37. Кандидаттардың сайлау қорларына келіп түскен ақшаның жалпысомасы және оның көздері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Округтік сайлау комиссиялары. Сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін **он күн** ішінде – **2017 жылғы 4 сәуірден кешіктірмей.**	(34-б. 4-т.)
38. Сайланған мәслихаттар депутаттарын тіркеу, тиісті куәліктер беру. Аумақтық сайлау комиссиялары.	(46-б. 3-т., 112-б 1-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер беріледі.

Алматы облыстық аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, тел. 246836, 244284.
Комиссия төрағасы – Даутов Тимур Ермекұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Құрмаңғалиев Асқар Жанабайұлы
Хатшы – Байтасова Бижамал Әбенқызы
Комиссия мүшелері – Жылқайдаров Шырқабай Ғалымбайұлы, Қаңтарбаев Құдайберген Сәрсенбайұлы, Нүсіпова Бақытгүл Темірханқызы, Қәрімов Ержан Кернейұлы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 15-бабы 3-тармағына сәйкес Алматы облыстық сайлау комиссиясы облыстық мәслихаттың депутатын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиясының құрамы туралы хабардар етеді.

№15 Райымбек облыстық округтік сайлау комиссиясы
Орталығы: Райымбек ауылы, Түркістан көшесі, 4, Әзірбаев атындағы орта мектеп ғимараты, тел. 3-47-38.
Комиссия төрағасы - Уақасова Сәлима Аңғарбайқызы
Комиссия төрағасының орынбасары - Шәкенов Жомарт Ғаниұлы
Комиссия хатшысы - Исабекова Үміт Бәзілбекқызы
Комиссия мүшелері - Сансызбаева Ранай Бисенбайқызы, Уразбаева Орынғүл Нұрымбетқызы, Ахан Хуанбек, Құлбаев Сәрсенбай Шоханұлы.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 22-бабы 2-тармағына сәйкес Алматы облыстық сайлау комиссиясы облыстық мәслихаттың депутатын сайлау жөніндегі сайлау округінің шекаралары туралы хабардар етеді.

№ 15 Райымбек сайлау округі
Орталығы: Райымбек ауылы, Түркістан көшесі, 4, К. Әзірбаев атындағы орта мектеп ғимараты.
Шекаралары: Қарасай ауданының № 368, 373, 405, 406, 407, 408, 409, 410, 411, 932, 939, 940, 941 сайлау учаскелері.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 17-бабы 2-тармағына сәйкес Алматы облыстық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссиясының құрамы туралы хабардар етеді.

Қарасай ауданы бойынша учаскелік сайлау комиссияларының құрамы

№368 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Қаскелең қаласы, Байғазиев көшесі, 91, Байжанов атындағы орта мектеп, тел.21230
Комиссия төрайымы – Аханова Гүлнар Ақылбекқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Омарова Жадра Жұмәділқызы
Комиссия хатшысы – Милазова Минара Маратовна
Комиссия мүшелері – Салқынова Алтын Райықызы, Мамаева Баян Құлатайқызы, Мойтықова Әсем Молдабекқызы, Киненова Жанна Қазезқызы.

№373 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Қаскелең қаласы, Қастеев көшесі, 49, Әлімқұлов атындағы орта мектеп, тел.21345
Комиссия төрайымы – Дүйсебаева Рысбүбі Мәмбеталықызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Шуиншалиева Данагүл Алдахияқызы
Комиссия хатшысы – Қоныспаева Әсем Ертайқызы
Комиссия мүшелері – Әлібекова Райхан Дұрымбекқызы, Мирошникова Ирина Владимировна, Әбдіқанова Лилия Қуатқызы, Нұрғалиева Күлмарал Жақсылыққызы.

№405 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Абай ауылы, Алтынсарин көшесі, 130, М. Ғабдуллин атындағы орта мектеп, тел.3890033
Комиссия төрайымы – Хамитова Лязат Нұрхасенқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Хамит Ғабит Аяпбергенұлы
Комиссия хатшысы – Жарқымбаева Айша Жангелдіқызы
Комиссия мүшелері – Қоқанбаева Назгүл Құрманбайқызы, Бухорамова Бибігүл Ромазанқызы, Ереншиева Бибігүл, Құсатаева Нұргүл Абайқызы.

№406 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Абай ауылы, Мақатаев көшесі, 30, Абай ауылы орта мектебі, тел.3890607
Комиссия төрайымы – Уембаева Құлдары Алатайқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Елтүзеров Қуаныш Жақсылықұлы
Комиссия хатшысы – Жұмақын Анар Дәулетханқызы
Комиссия мүшелері – Құрманбаева Жанар Дәулетқызы, Ағшабаров Талғат Қанабекұлы, Спабеков Қайрат Халилаұлы, Сапархожаева Ғания Әліпбайқызы.

№407 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Райымбек ауылы, Түркістан көшесі, 4, Әзірбаев атындағы орта мектеп, тел.34738
Комиссия төрайымы – Абдиева Динагүл Талдыбайқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Шамшырақова Ақерке Шарапатқызы
Комиссия хатшысы – Жасұзақ Жансая Үнербекқызы
Комиссия мүшелері – Қалибаева Анар Әбдікерімқызы, Урпеджанова Батима Айтқазықызы, Нихамбаев Ғалидең Диясұлы, Алтаев Мақсат Бейсеғұлұлы.

№408 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Бұлақты ауылы, Наурыз көшесі, 13, Бұлақты бастауыш мектебі, тел.34855
Комиссия төрайымы – Көшкінбаева Жанат Штықпанқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Әмзеева Гүлмира Жуаныщқызы
Комиссия хатшысы – Қылышбекова Гүлмира Жомарткызы
Комиссия мүшелері – Қалелова Алмагүл Мубаракқызы, Серікова Анар Федоркызы, Әбдікәрімова Еркін Айдарханқызы, Көкшегірова Бағила Дәулеткалықызы.

№409 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Долан ауылы, Достық көшесі, 28, Долан бастауыш мектебі, тел.33290
Комиссия төрайымы – Раисова Гүлнар Шалдаубайқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Түккүлиева Самал Саматкызы
Комиссия хатшысы – Әбсеитова Мақпал Кенжебайқызы
Комиссия мүшелері – Жүнісова Күлзихан Құсманғазықызы, Тынышбаева Жібек Бекболатқызы, Әуелбекова Маржан Пернебекқызы, Мырзаханова Лаура Шонжыбайқызы.

№410 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Қырғауылды ауылы, Інкәрбеков көшесі, 49, Ушинский атындағы орта мектеп, тел.3056745
Комиссия төрайымы – Раева Гүлжазира Бекенқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Баронбайұлы Айдын
Комиссия хатшысы – Мендыбаева Айнагүл Амангелдіқызы
Комиссия мүшелері – Түлегенова Саягүл Несіпжанқызы, Нұғуманова Гүлнар Бекенқызы, Жандыбаева Гүлнар Оразбеккызы, Үмбетова Манира Байзуллақызы.

№411 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Жаңатұрмыс ауылы, Алтынсарин көшесі, 37, Жаңатұрмыс орта мектебі, тел. 3051193.
Комиссия төрайымы – Ноғаева Назгүл Тұрсынқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Ақаева Бану Тлепбердықызы
Комиссия хатшысы – Сыбанқұлова Мөлдір Жанәбілқызы
Комиссия мүшелері – Гасанова Сабина Тахировна, Бостанжиева Зинаида Исмахановна, Арсланова Сабина Бадирхановна, Аубакиров Ринат Есенғалиұлы.

№932 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Қаскелең қаласы, Байғазиев көшесі, 158, Қаскелең мәдениет колледжі, тел.28346
Комиссия төрағасы – Күшікбаев Дүйсебай Шаштайұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Жүнісова Балжан Қалықызы
Комиссия хатшысы – Асембекова Дилара Серікқызы
Комиссия мүшелері – Жұмағалиева Бахтыгүл Нүсіпбекқызы, Асанбаев Арнұр Аскарұлы, Жұмбасова Салтанат Мұраткызы, Темірхан Ақерке Қайратқызы.

№939 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Райымбек ауылы, Сүйінбай көшесі,80, Райымбек дәрігерлік амбулаториясы, тел.34728
Комиссия төрайымы – Кенбаева Роза Кенесқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Даржанова Мадина Айдарханқызы
Комиссия хатшысы – Берікбаева Ұлмира Мәлібекқызы
Комиссия мүшелері – Тоқтарбаева Гүлнар Тоқтасынқызы, Күлпеисова Нұрханум, Кенесбаев Бағдәулет Нұрланұлы, Ахметова Замира Мырзабайқызы.

№940 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Қырғауылды ауылы, Наурыз көшесі, 49 а, Қырғауылды қазақ орта мектебі, тел.3053025
Комиссия төрайымы – Қасымова Нағима Тлеубайқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Рамазанов Нұрлан Құсенеңұлы
Комиссия хатшысы – Әбдірова Рахия Қабылқызы
Комиссия мүшелері – Комидолдина Гүлмира Батырбекқызы, Шарахметова Гүлнара Жақсыбайқызы, Баетова Светлана Бетмұхамбетқызы, Мамырбаев Иманжан Умрқұлұлы.

№941 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Жаңатұрмыс ауылы, Нұрпейісова көшесі, 19, Жаңатұрмыс дәрігерлік амбулаториясы, тел.3728717
Комиссия төрайымы – Мұқашев Дидар Қуатқызы
Комиссия төрайымының орынбасары – Рауанова Нұргүл Тохтарбайқызы
Комиссия хатшысы – Сүлейменова Зайфуна Жиенбайқызы
Комиссия мүшелері – Интина Қарлығаш Жақиянқызы, Исмағанбетова Тоқта Әжібайқызы, Халилова Зейнепбуви Сулейменовна, Полосухина Надежда Ивановна.

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 23-бабының 5- тармағына сәйкес Алматы облысының әкімі сайлау учаскелерінің шекараларын жариялайды

№ 368 сайлау учаскесі
Орталығы: Қаскелең қаласы, Байғазиев көшесі, № 91, Байжанов атындағы орта мектеп, тел. 21230.
Шекарасы: Қаскелең қаласы, көшелері: Аймауытов № 1-ден 54-ке дейін, Көшек батыр № 91-ден 123-ке дейін (тақ жағы), Абай № 83-тен 107-ге дейін (тақ жағы), Абай № 94-тен 118-ге дейін (жұп жағы), Жұмабаев № 55-тен 114-ке дейін, Ағынтай батыр № 70-тен 96-ға дейін (жұп жағы), Ағынтай батыр № 69-дан 91-ге дейін (тақ жағы), Өмірәлиев № 86-дан 118-ге дейін (жұп жағы), Өмірәлиев № 87-ден 143-ке дейін (тақ жағы), Байғазиев № 116-дан 150-ге дейін (жұп жағы), Қалтаев № 1-ден 22-ға дейін, Бәрібаев № 96-дан 172-ге дейін, Қабанбай батыр № 1-ден 43-ке дейін, Әйтеке би № 1-ден 26-ға дейін, Байжарасов № 1-ден 22-ге дейін, Қазақстан Республикасына Тәуелсіздіктің 10 жылдығы № 49-дан 90-ға дейін, Қазыбек би № 1-ден 56-ға дейін, Найзатас № 1-ден 16-ға дейін, Итақов № 1-ден 49-ға дейін, Көкжелек № 1-ден 15-ке дейін, Алтын Орда № 1-ден 30-ға дейін, Болатбек № 1-ден 6-ға дейін, Аршалы № 1-ден 12-ге дейін, Үйбаев № 1-ден 55-ке дейін, Жағажай № 1-ден 46-ға дейін, Канкуров № 1-ден 48-ге дейін; Көктөбе ауылы.

№ 373 сайлау учаскесі
Орталығы: Қаскелең қаласы, Қастеев көшесі, № 49, Әлімқұлов атындағы орта мектеп, тел. 21345.
Шекарасы: Қаскелең қаласы, көшелері: Үмбетәлі № 1-ден 120-ға дейін, Жаңа жол № 1-ден 24-ке дейін, Тастақ № 24-тен 74-ке дейін, Рысқұлбеков № 1-ден 81-ге дейін, Әл-Фараби № 1-ден 81-ге дейін, Махамбет-Исатай № 1-ден 20-ға дейін, Қастеев № 1-ден 68-ге дейін, Керімбеков № 1-ден 30-ға дейін, Самал № 1-ден 30-ға дейін, Жамбыл № 1-ден 38-ге дейін, Шапағат № 1-ден 12-ге дейін, Сейфуллин № 1-ден 10-ға дейін, Ақ жол № 1-ден 26-ға дейін, Сұңқар № 1-ден 65-ке дейін, Маргұлан № 1-ден 40-қа дейін, Таусамалы № 1-ден 67-ге дейін, Долан № 1-ден 10-ға дейін, Гаухартас № 1-ден 30-ға дейін, Ақтас № 1-ден 20-ға дейін, Оқжетпес № 1-ден 15-ке дейін, Жартас № 1-ден 20-ға дейін, Ақсу № 1-ден 18-ге дейін, Көктас № 1-ден 21-ге дейін, Шығыс № 1-ден 50-ге дейін, Райымбек № 14-тен 96-ға дейін (жұп жағы), № 31-ден 125-ке дейін (тақ жағы), Қаусар № 1-ден 15-ке дейін, Ақшағала № 1-ден 17-ге дейін, Сарыбұлақ № 1-ден 13-ке дейін, Айнабұлақ № 1-ден 15-ке дейін, Талапкер № 1-ден 12-ге дейін, Хантәңірі № 1-ден 14-ке дейін, Бірлік № 1-ден 16-ға дейін, Бөктер № 1-ден 15-ке дейін, Арна № 1-ден 13-ке дейін, Ақмаржан № 1-ден 19-ға дейін; тұйық көшелер: Әл-Фараби № 1-ден 18-ге дейін, Қастеев № 1-ден 9-ға дейін, Керімбеков № 1-ден 17-ге дейін.

№ 405 сайлау учаскесі
Орталығы: Абай ауылы, Алтынсарин көшесі, № 130, М.Ғабдуллин атындағы орта мектеп, тел. 3890033.
Шекарасы: Абай ауылы, көшелері: Әзербаев № 1-ден 23-ке дейін (тақ жағы), Абай № 1-ден 32-ге дейін, Сейфуллин № 1/11-ден 1/13-ке дейін, Домалақ ана № 23а-дан 42-ге дейін, Төле би № 37-ден 143-ке дейін (тақ жағы), № 42-ден 146-ға дейін (жұп жағы), Рысқұлов № 37-ден 149-ға дейін (тақ жағы), № 48-ден 156-ға дейін (жұп жағы), Қонаев № 45-тен 163-ке дейін (тақ жағы), № 32-ден 164-ке дейін (жұп жағы), Райымбек № 35-тен 91-ге дейін (тақ жағы), № 44-тен 110-ға дейін (жұп жағы), Тәуелсіздік-I № 49-дан 149-ға дейін (тақ жағы), № 52-ден 162-ге дейін (жұп жағы), Тәуелсіздік-II № 49-дан 154-ке дейін, Алатау № 1-ден 24-ке дейін, Алтынсарин № 1-ден 39-ға дейін, Бейбітшілік № 1-ден 52-ге дейін, Жандосов № 1-ден 29-ға дейін, Қарасай батыр № 1-ден 32-ге дейін, Молдағұлова № 1-ден 23-ке дейін, Майлин № 1-ден 48-ге дейін, Шаянбаев № 1-ден 23-ке дейін.

№ 406 сайлау учаскесі
Орталығы: Абай ауылы, Мақатаев көшесі, № 30, Абай ауылы орта мектебі, тел. 3890607.
Шекарасы: Абай ауылы, көшелері: Әзірбаев № 2-ден 22-ге дейін (жұп жағы), Сейфуллин № 1/1-ден 1/10-ға дейін, № 1/12, Домалақ ана № 1/1-ден 22-ге дейін, Төле би № 1-ден 35-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 40-қа дейін (жұп жағы), Рысқұлов № 1-ден 35-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 46-ға дейін (жұп жағы), Қонаев № 1-ден 43-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 30-ға дейін (жұп жағы), Райымбек №1-ден 33-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 42-ге дейін (жұп жағы), Тәуелсіздік - I № 1-ден 47-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 50-ге дейін (жұп жағы), Тәуелсіздік - II № 1-ден 48-ге дейін, Желтоқсан № 1-ден 33-ке дейін, Мақатаев № 1-ден 37-ге дейін, Мақашев № 1-ден 66-ға дейін, Уәлиханов № 1-ден 58-ге дейін.

№ 407 сайлау учаскесі
Орталығы: Райымбек ауылы, Түркістан көшесі, № 4, Әзірбаев атындағы орта мектеп, тел. 34738.
Шекарасы: Райымбек ауылы, көшелері: Сүйінбай № 1-ден 138-ге дейін, Желтоқсан № 1-ден 87-ге дейін, Аламан № 1-ден 60-қа дейін, Еламан № 1-ден 51-ге дейін, Елшібек № 1-ден 31-ге дейін, Жаркент № 1-ден 35-ке дейін, Сұңқар № 1-ден 29-ға дейін, Аққайнар № 1-ден 18-ге дейін, Арман № 1-ден 23-ке дейін, Батыр Баян № 1-ден 45-ке дейін, Болашақ № 1-ден 35-ке дейін, Бұлақты № 1-ден 32-ге дейін, Тамаша № 1-ден 14-ке дейін, Шәбыт № 1-ден 20-ға дейін, Шаңырақ № 1-ден 26-ға дейін, Алма № 1-ден 15-ке дейін, Барлық № 1-ден 20-ға дейін, Гүлдер № 1-ден 8-ге дейін, Елтай № 1-ден 45-ке дейін, Көкжазық № 1-ден 12-ге дейін, Көлбастау № 1-ден 9-ға дейін, Көлді № 1-ден 50-ге дейін, Диірмен № 1-ден 37-ге дейін, Тұрар № 1-ден 41-ге дейін, Ақжазық № 1-ден 13/2-ге дейін, Бәйшешек № 1-ден 23-ке дейін, Керуен № 1-ден 29-ға дейін, Қайынды № 1-ден 30-ға дейін, Барқыт бел № 1-ден 19-ға дейін, Қарабөгет № 1-ден 32-ге дейін, Үлгілі № 1-ден 26-ға дейін.

№ 408 сайлау учаскесі
Орталығы: Бұлақты ауылы, Наурыз көшесі, № 13, Бұлақты бастауыш мектебі, тел. 34855.
Шекарасы: Бұлақты ауылы.

№ 409 сайлау учаскесі
Орталығы: Долан ауылы, Достық көшесі, № 28, Долан бастауыш мектебі, тел. 33290.
Шекарасы: Долан, Құмтоған ауылдары.

№ 410 сайлау учаскесі
Орталығы: Қырғауылды ауылы, Інқәрбеков көшесі, № 49, Ушинский атындағы орта мектеп, тел. 3056745.
Шекарасы: Қырғауылды ауылы, көшелері: Бірлік № 1-ден 99-ға дейін, Алматы № 1-ден 56-ға дейін, Ақтерек № 1-ден 65-ке дейін, Ақши № 1-ден 105-ке дейін, Алтай № 1-ден 106-ға дейін, Шиен № 1-ден 45-ке дейін, Арасан № 1-ден 77-ге дейін, Арна № 1-ден 68-ге дейін, Арай № 1-ден 88-ге дейін, Бурабай № 1-ден 51-ге дейін, Тау нұры № 1-ден 42-ге дейін, Егемен № 1-ден 52-ге дейін, Еңбекші № 1-ден 57-ге дейін, Жазық № 1-ден 52-ге дейін, Жарық № 1-ден 78-ге дейін, Жасұлан № 1-ден 73-ке дейін, Жерұйық № 1-ден 68-ге дейін, Қаратал № 1-ден 72-ге дейін, Қыран № 1-ден 29-ға дейін, Мереке № 1-ден 64-ке дейін, Өркен № 1-ден 46-ға дейін, Шалқар № 1-ден 64-ке дейін, Шымбұлақ № 1-ден 45-ке дейін, Жетісу № 1-ден 32-ке дейін, Тамаша № 1-ден 26-ға дейін, Сарытау № 1-ден 52-ге дейін, Жастар № 1-ден 65-ке д

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

Атқарылған іс АУҚЫМДЫ

Ақсу ауданы әкімінің есеп беру жиынына арнайы қатысқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ аудан жетістігін көрсететін көрмемен танысып, ақсулықтардың қол жеткізген табысын жоғары бағалады. Ал жиналысты Ақсу аудандық мәслихаттың хатшысы Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ жүргізіп, алғашқы сөз кезегін Ақсу ауданының әкімі Әділбек ДАЛБАҒАЕВҚА берді.



Қажет АНДАС

Әкім баяндамасынан білгеніміздей, өткен жылы ауданда атқарылған жұмыс ауқымды. Яғни, ауданда жыл сайын егіс көлемі ұлғайып, өнім түсімі көбейген. Нақтылап айтар болсақ, өткен жылы ауданда ауылшаруашылық саласы бойынша 20 млрд. 396 млн. 800 мың. теңгенің өнімі өндіріліп, 2015 жылмен салыстырғанда 102,0 пайыз артқан. Егін шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу, жеке қаражат пен лизинг әдістерін пайдалана отырып, жаңа техникалар сатып алу қарқын алыпты.

Қазіргі күнде қант қызылшасын өсіретіндердің саны артқан. Өткен жылы 1552 гектарға қант қызылшасы себіліп, оның 1021,5 гектары жиналды. Нәтижесінде 30670 тонна өнім зауытқа өткізілген. Гектар өнімділігі 294 центнерден айналды. Әсіресе, суармалы жерлердің әлеуетін көтеру мақсатында «Қазсушар» мемлекеттік мекемесіне 98 канал өткізіліп, биыл «Ислам даму банкі» арқылы пилоттық жоба ретінде 5 млрд. теңгеден астам қаржыға 745 шақырым канал жөнделеді деп күтілуде.

Мал шаруашылығының әлеуетін арттыруға бағытталған «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламаларына тиісті қаржы бөлініп, жоспардағы жұмыс сәтті орындалғанымен «Ырыс» бағдарламасы межеге жетпей қалды. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды ширату үшін ет, сүт өндіру бағытындағы ірі ауылшаруашылық кооперативін құру ісі қолға алынуда.

Өткен жылы аудандағы бос жатқан жерлерге тексеріс жұмыстары жүргізіліп, 3206 гектар жердің игерілмегені анықталған. Есесіне ауданның өнеркәсіп саласы бойынша 4 млрд. 300 млн. теңгенің өнімі өндіріліпті. Жоспардағы 2 кәсіпорын іске қосылып, 28 млн. теңге инвестиция тартылған. Өндірістік алаң ашу және шағын және орта бизнесті дамытуға күш салынды. Бүгінде Қызылағаш ауылынан 20, аудан орталығынан 50 гектар жер телімі бөлініп, инвестиция тартылып, жұмыс қыза түскен. Жалпы, өткен жылы ауданға 1 млрд. 981 млн. теңге инвестиция тартылған. Биыл «Жетісу-Гранит» ЖШС-нің Арасан ауылындағы гранит өндіру зауытын салу жоспары 2015 – 2019 жылдардағы «Индустриялды-инновациялық даму» бағдарламасына енгізілмек. Сондай-ақ, Суықсай ауылындағы «Гүлзада» тұшпара өндіру зауыты және «Нүсіпов» ағаш өңдеу цехы іске қосылады деп күтілуде. Өкінішке қарай, өңірдің туризм саласы ақсап тұр.

Өңірде «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020», мүгедектерді оңалту бағдарламасы, тұрғын үй құрылысы, дердің атқарған жұмысының халықтың берген бағасымен өлшенетінін де айтқан болатын. Осы тұрғыдан келгенде ақсулықтар Елбасы мен облыс басшыларының тапсырмасын толығымен орындап, жоғары көрсеткіштерге жеткен. Бұл туралы жарыссөзге шыққан Қапал ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Әлмұхамбет Елесбаев, Матай орта мектебінің директоры Зәмзәгүл Тлеубекова, Ақсу ауданы жастар ресурстары орталығының жетекшісі Мейіржан Молдағалиев, «Бәйтерек» сервистік дайындау орталығының директоры, «Қылышбаев» шаруа қожалығының басшысы Жахан Қылышбаев жеткізіп, аудан әкімінің жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Жарыссөзге шыққандардың ұсыныс-пікірін мұқият тыңдаған Лаззат Махатұлы облыстың өткен жылғы жетістіктерін саралай келіп, оған қосқан ақсулықтардың үлесін де тілге тиек етті. Сондай-ақ, орын алған кемшіліктерді де жасырып қалмады. Ақсулықтардың өткен жылы қант қызылшасын өндіру жоспарын орындамағанын айтқан Лаззат Махатұлы биыл олқылықтың орнын толтырып, ерінбей еңбек ету қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, ауданда «Үдемелі индустриялды-инновациялық даму» бағдарламасы бойынша атап өтетіндей жұмыстың жоқтығы, шағын бизнестен бюджетке түскен салық көлемінің аздығы, өндіру өнеркәсібіне инвесторлардың тартылмағанын да сөз етті.

Жиналыстың соңында Лаззат Тұрлашов ауданның экономикалық әлеуетін көтеру үшін аудан әкіміне бірқатар тапсырма жүктеді. Сонымен қатар, өңірді дамыту, тұрғындардың тұрмысын жақсартуға қатысты қандай да бір жаңа бастамалар болса, облыс тарапынан қолдау болатынын да білдірді.

Ақсу ауданы.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ



ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ БАҒА

Алматының іргесінде орналасқан Қарасай ауданы – өсуі мен өркендеуі қатар жүретін, руханияты мен экономикасы дамыған, тарихи орны ерекше киелі өлке. Замана көшіне жүк артып, Мәңгілік Елге айналу жолында қажырлы еңбек етіп келе жатқан өлке жұртшылығы болашағына сеніммен қарайды. Бұған аудан әкімі Махаббат БИГЕЛДИЕВТІҢ «2016 жылғы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы және 2017 жылға арналған міндеттері» атты баяндамасы дәлел. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік СЕЙДУМАНОВ пен облыс әкімінің орынбасары Серік ТҰРДАЛИЕВ арнайы қатысқан есептік жиында былтыр 49 есепті кездесу өткізілгенін, халықтан 46 ұсыныс пен ескерту түскендігін, ұсыныстардың толық орындалғанын жеткізген аудан әкімі алдымен есепті мерзім ішінде атқарылған шараларға кеңінен тоқталып өтті.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Баяндамашы келтірген мәліметтерге қарағанда былтыр өнеркәсіп өндірісінің көлемі 186,7 миллиард теңгені құрап, нақты көлем индексі 124,1 пайызға жеткен. Сондай-ақ, екі ірі өнеркәсіп пайдалануға беріліп, салынған инвестиция көлемі 12 миллиард 40 миллион теңгені құраған. Жалпы ауданда тіркелген 13 мың 213 шағын және орта кәсіпкерлік нысанының ішінде 2 мың 554 шағын кәсіпорын, 6 мың 726 жеке кәсіпкер болса, ауылшаруашылық саласында 3 мың 933 шаруа қожалығы жұмыс атқаруда. Оларда еңбек ететін 55 мың 940 адамның орташа жалақы деңгейі шамамен 110 мың теңгеге тең. Одан бөлек, бюджеттік төлем деңгейі 8,1 миллиард теңгеге жетіп отыр. Былтыр 20 дүкен, 14 тұрмыстық қызмет көрсету, 4 қоғамдық тамақтандыру нысаны ашылып, 868 адам жұмыспен қамтылған. Бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерден 25 миллиард 411 миллион теңге түсіп, жоспар толық орындалған. Коммуналдық шаруашылық саласында атқарылған шаралар да ауыз толтырып айтарлықтай. Мысалы, «Нұрлы Жол» бағдарламасымен Қаскелең қаласының ауызсу жүйесінің құрылысына және жаңғырту жұмыстарына 388 миллион 429 мың теңге бөлініп, бұл шара биыл толық аяқталады. «Өңірлерді дамыту», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламалары бойынша 357 миллион 493 мың теңгеге ауданның 21 елді мекенінің ауызсу және кәріз жүйелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ауданда қызмет етіп отырған 41 орта, 4 бастауыш мектептің бәрі интернет жүйесіне қосылған. Электрондық оқыту жүйесімен 12, онлайн режимімен 30 мектеп қамтылған. Сонымен қатар, 23 мектеп жаңа модификациялы физика, химия, биология кабинеттерімен, 22 мектеп лингафон, мультимедиа кабинеттерімен жабдықталған.

Денсаулық сақтау саласында 1 аудандық аурухана, 2 ауылдық, 17 дәрігерлік амбулатория, 7 фельдшерлік-акушерлік бөлімдер халыққа қызмет көрсетеді. Былтыр «Асыл арман» тұрғын үй кешенінде 100 миллион 968 мың теңгеге дәрігерлік орталыққа арналған ғимарат салынды. Мәдениет саласындағы мекемелер желісі 20 нысан. Өткен жылы Райымбек ауылдық округінде Отан қорғаушыларға арналған мемориалдық кешен мен мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі аясында «Анаға құрмет» мұражайы ашылды. Демеушілердің көмегімен «Үшқоңыр» фольклорлық-этнографиялық ансамблі құрылып, облыстық мәдениет күндері байқауында бас жүлдені жеңіп алғаны саладағы жетістіктерді байқатса керек.

Баяндамадан соң жарыссөзге шыққан «Жетісу» агроөнеркәсіп кешенінің басшысы Жанат Исағұлов мал өнімдерін өндірудегі табыстарын баяндаса, «Қазақстан қағазы» ЖШС-нің бас директоры Виктория Горобцова инновациялық кәсіпорынның жұмысы және оның болашағы жайлы ойларын ортаға салды. Аудандық ауруханаңың медициналық-аналитикалық ақпараттандыру қызметінің басшысы Ербол Дүйсебаев сала жетістігін тілге тиек ете келіп, Қаскелеңде қалалық аурухана салу мәселесін көтерсе, М. Мәметова атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Әсел Қабылбекова «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жасалынып жатқан жұмыстарға ризашылығын білдіріп, халық санының артуына байланысты мектептерге жапсаржай салу қажеттігіне тоқталды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубек Қыдырәлиев Елбасының сарабдал саясатын қолдап отырған қарасайлықтарға алғыс айтып, аудан орталығында Ардагерлер үйін салу жөніндегі ұсынысын ортаға салды. Сөйлеушілердің бәрі аудан әкімінің жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Жиын соңында кездесуге қатысушылардың сұрағына жауап берген облыс әкімінің орынбасары Серік Мелісұлы мен Махаббат Сәдуақасұлы аудан тұрғындарын ғана емес, жалпы жұртшылықты алаңдатқан «Алтын Орда» сауда кешенінен өтетін жолды 10 жолақты етіп қайта жасау жұмыстарының биыл басталатынын жеткізді. Алқалы жиынды қорытындылаған Серік Тұрдалиев облыс бюджетіне келіп түсетін қаржының 30 пайызын беретін Қарасай ауданының тұрғындарына сәттілік тіледі.

Қарасай ауданы.

ӨРКЕНДІ өзгерістер

Панфилов ауданының әкімі Бердәулет АБДУЛДАЕВ өзінің өңір тұрғындары алдындағы есебін қаңтар айының 17-сі күні бастап, өңірдегі барлық округ халқымен кездесу өткізіп, өткен жылы жүзеге асырылған жұмыстар мен үстіміздегі жылы атқарылатын істерін жіліктеп, жіктеп ел-жұртқа жеткізді. Бұл жиындарда жергілікті тұрғындар арасынан сөз сөйлегендер өздерінің өтініш- тілектерін де айтып, ортақ мәселелеріне аудан басшысының назарын аударды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Жаркент қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде өткен есепті жиынға өңірдегі кәсіпорындар мен мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың, құқық қорғау орындарының өкілдері шақырылды. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР қатысты. Әлемдік дағдарыс алқымнан алып тұрған шақта, қаржы мәселесінің бірінші кезекке шығары сөзсіз. Аудан әкімі ел алдындағы есебінде өткен жылы салықтан қанша қаржы жиналғанын, бюджеттің орындалуын саралап өтті. 2016 жылы өңірде бюджетке 6,9 миллиард теңгенің салық және басқа да міндетті төлемдері жиналып, жоспар 105,9 пайыз орындалыпты. Оның ішінде жергілікті бюджетке 4,5 миллиард теңге түсіп, болжам 101,5 пайыз орындалған.

Баяндамада айтылғандай, өңірдегі жүзеге асқан жүйелі жұмыстарға мемлекеттік бағдарламалар арқау болғанын аңғару қиын емес. Әсіресе, ауылшаруашылық салаларында мемлекеттік бағдарламалар шапағатымен атқарылған жұмыстар ауқымды. Бұл бағыттағы істер жоспарлы түрде жүзеге асуда. Айталық, өткен жылы өңірде тек мал шаруашылығы саласында мемлекеттік бағдарламалардан «Сыбаға» 120 пайыз орындалып, болжамдағы 930 орынына 1135 бас асыл тұқымды ірі қара сатып алыныпты. Сол сияқты «Алтын асық» 104,8 пайыз, «Құлан» 122 пайыз орындалған.

Өткен жылғы дала өндірісінде өндірілген өнімдердің жалпы құны 35,1 миллиард теңгені құрады. Оған негіз 42,9 мың гектар жерге ауылшаруашылығы дақылдары егіліп, мол өнім жиналғаны. Соңғы үш жылда 2976 гектар жайылым және шабындық жерлер суармалы егістікке айналдырылып, ауылшаруашылығы өндірісінің айналымына енгізілді.

Өңірде соңғы жылдары мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Оған асыл тұқымды түлік түрлерін өсіретін шаруашылықтар саны 31-ге жеткені дәйекті дәлел болмақ. Оның ішінде 21 асыл тұқымды ірі қара, 2 жылқы, 5 қой, 1 құс, 1 бал арасын, 1 балық баптайтын қожалық бар. «Мал баққанға бітеді» демекші, ауданда ет бағытында мал өсіру дамыған. Алдағы уақытта тұрғындарды сүтпен қамтамасыз ету үшін Аққұдық ауылында «Қарабалаев» ЖШҚ сүт бағытында мал өсіруді жоспарлап отыр. Тауарлы- сүт фермасын ашу үшін Үлкенағаш ауылдық округінде «Тезекбаева. Ұ» ЖШҚ 30, Жаркент қаласында «Тохтахунов. А» шаруа қожалығы сүт бағытында 17 асыл тұқымды сиыр сатып алып, іске кірісті.

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймақ сынды халықаралық мемлекеттік ірі жаңа жобалар өркен жайған өңірде үстіміздегі жылы бірнеше өнеркәсіп орнын іске қосу көзделген. Олардан көптеген жергілікті тұрғындар өздеріне тұрақты жұмыс табары сөзсіз. Мысалы, «Максжолқұрылыс» ЖШС 350,0 миллион теңге инвестиция әкеліп, асфальт шығаратын зауыт ашып, 70 адамға жұмыс ұсынбақшы. Сол сияқты «МПК Әулет» ЖШС 120 миллион теңгенің инвестициясын салып, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі саналатын тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдейтін зауытын іске қосып, жергілікті тұрғындарға 30 жаңа жұмыс орнын ұсынбақшы. Осылардың қатарында әйнек-пластикалық құбыр жасайтын, балық өңдейтін зауыт, темір-бетон бұйымдарын шығаратын және шетелге астық өнімдерін сататын кәсіпорындар іске қосылмақшы.

Аудан әкімінің есепті баяндамасын талдауға аудандық ақсақалдар ұйымының төрағасы, ауданның Құрметті азаматы Нұриахмет Рақымбаев, «Хожамбердиев» ЖШҚ басшысы, ұйғыр этномәдениет орталығының мүшесі Адлжан Хожамбердиев, Жаркент қаласындағы «Алтын ұя» балабақшасының құрылтайшысы, кәсіпкер келіншек Ләззат Шойғараева және Жаркент қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектеп мұғалімі Ирина Жаваронкина қатысты. Сөз сөйлеушілердің бәрі Елбасының бес институционалды реформасын жүзеге асыруға арналған, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын, жазбаша жарияланған жаңа Жолдауын, жақындағы мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіліктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі халыққа жариялаған ұсынысын тілге тиек етіп, жаңа даму кезеңіне бет алған ел тіршілігінің өркенді өзгерістерін атап өтті. Сонымен бірге аудан әкімінің есебіне қанағаттанарлық деген бағаларын берді. Аудан тұрғындары үшін шешімін күткен маңызды мәселелер мен ұсыныстар да айтылды.

Жиынды облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Мұқашұлы қорытындылап, өткен жылы облыста атқарылған бірқатар жұмыстарды саралап айтып, кездесуге келгендерге үстіміздегі жылы жалпы Жетісу аймағында жүзеге асыру жоспарланған істерді де таныстырды. Жаркент өңірінде ауылшаруашылық өндірісін өркендетудің мол мүмкіндіктеріне тоқталды. Сонымен қатар аймақтағы халықаралық ірі жобалар құрылысының бүгіні мен келешегін де саралап жеткізді. Жиын соңында залдан өзіне қойылған сауалдарға жауап берді.

Панфилов ауданы.



Іле ауданының әкімі Қыдыргелді МЕДЕУОВТЫҢ қорытынды есеп жиналысы Өтеген батыр ауылындағы №24 мектеп-гимназиясында өтті. Жиынға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Әлихан ТОЙБАЕВ қатысты.

ТОЛЫМДЫ үлес

Мақпал МЫСА

мың тонна сүт өндіріліп отыр. «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламалары бойынша ірі қара саны да арта түскен. Ауылшаруашылық өнеркәсібін қайта өңдеуді 33 өнеркәсіп жүзеге асырады. Олардың өндірілген өнім көлемі 43 млрд. теңгені құрайды. Ал жоспарда 2017 жылы 3 өндірістік жылыжайдың құрылысы басталмақ. Оның ішінде «Эко Культура» ресейлік компаниясымен бірікккен «Грин Ланд Алатау» ЖШС-нің 2 жылыжайы мен жалпы көлемі 92 гектарды құрайтын аумағы бар «Грин Хауз Қазақстан» ЖШС-нің 1 жылыжайы және 17 мың тонна жартылай фабрикатталған өнім өндіретін германиялық «Бауман» компаниясы бар. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында Өтеген батыр кентінде көлемі 9,3 мың, шаршы метр болатын 100 пәтерлі екі жалғерлік тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, жас отбасыларға пәтердің кілті тапсырылды, – деген аудан әкімі 2017 жылы тағы да 79,6 шаршы метр болатын тұрғын үйдің құрылысы салынатынын хабардар етті. Оның 73 мың шаршы метрі жеке тұрғын үй құрылысы болса қалған 6,6 мың шаршы метрі Өтеген батыр кентіндегі 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы арқылы жүзеге аспақ.

Білім саласы бойынша, 3 ауысымдық оқытуды жою үшін 9 жаңа мектеп салынады. Оның ішінде Чапай, КазЦИК, Екпінді ауылдарында 900 орынға арналған 3 мектеп, М. Түймебаев, Көккайнар, Ынтымақ, Қоянқұс ауылдарында 600 орынға арналған 4 мектеп, Төле би, Байсерке ауылдарында 300 орынға арналған 2 мектеп пайдалануға берілмек.

Жарыссөзде аудандық мәслихат депутаты Ғани Дәуіталиев, «Элегия» ансамблінің жетекшісі Анастасия Мельник, «Ақши даму» шаруа қожалығының басшысы Аман Омаров, «Сарыбұлақ» құс фабрикасының директоры Мұрат Уалиев аудан дамуындағы қарқынды жұмыстарды атап өтіп, қала әкімінің қорытынды есебіне қанағаттанарлық деген баға берді.

Іле ауданы.

Жетісу

3

|№18 (18294), 14 ақпан, сейсенбі, 2017 жыл |

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2017 жылғы 26 қаңтар
Талдықорған қаласы
№16

Әділет департаментінде
2017 жылғы
3 ақпанда № 4092 болып енгізілді

Субсидиялар нормативтерін, субсидиялау бағыты бойынша өлшемдер мен талаптарын, сондай-ақ субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына, «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9987 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың және қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеу субсидиялар нормативтері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың және қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеу субсидиялау бағыты бойынша өлшемдер мен талаптар осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес;

3) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін осы қаулының 3, 4-қосымшаларына сәйкес.

2. Алматы облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 29 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3699 тіркелген, 2016 жылдың 13 ақпанында «Жетісу» газетінде және 2016 жылдың 16 ақпанында «Огни Алатау» газетінде жарияланған);

2) «Облыс әкімдігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» № 29 қаулысына өзгерістер еңгізу туралы» 2016 жылғы 27 қазандағы № 543 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4014 тіркелген, 2016 жылдың 29 қарашасында «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпировке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысы әкімдігінің
2017 жылғы 26 қаңтар
№16 қаулысына 1-қосымша

Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеу бойынша субсидия нормативі

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	2 800

Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеу бойынша субсидия нормативі

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	854

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 26 қаңтар
№ 16 қаулысына 2-қосымша

Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың және қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша өлшемдер мен талаптар.

Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың/қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды өнім берушілерге 100%-ға дейін өтеу кезінде – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 5-қосымшасына сәйкес 1 нысан бойынша ірі қара малдың/қойдың аналық басын ұрықтандыру туралы акт және Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес 2 нысан бойынша ірі қара малдың ұрықтанған аналық басын тексеру актісі.

Алматы облысы әкімдігінің
2017 жылғы 26 қаңтар
№16 қаулысына 3-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері (теңге)	Субсидияланатын көлем (бас)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
	Ірі қара мал шаруашылығы				
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	2 800	148 410	415 548,0
	Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмыс жүргізу				
1)	тұқымдық түрлендіруімен қамтылған ірі қара малдың аналық басы	бас	18 000	103 755	1 867 590,0
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	30 000	600 000,0
2.	Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу				
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	3 500	539 000,0
	Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	10 500	210 000,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу				
1)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал	бас	118 000	120	14 160,0
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Еуропа елдерінен)	бас	154 000	500	77 000,0
	Қой шаруашылығы				
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	854	249 075	212 710,0
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	тұқымдық түрлендіруімен қамтылған қой басының аналық басы	бас	1 500	320 000	480 000,0
3.	Асыл тұқымды өркеш тоқпақтар мен түсектерді сатып алу	бас	8 000	12 000	96 000,0
	Жылқы шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	40 000	500	20 000,0
	Шошқа шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды шошқаларды сатып алу	бас	15 000	5 000	75 000,0
	Етті бағыттағы құс шаруашылығы				
1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік/ ата-текті нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәулігін балапан сатып алу	бас	300	333 334	100 000,0
	Жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығы				
1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік/ ата-текті нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәулігін балапан сатып алу	дана	50	210 000	10 500,0
Барлығы					6 717 508,0

Алматы облысы әкімдігінің
2017 жылғы 26 қаңтар
№16 қаулысына 4-қосымша

Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері (теңге)	Субсидияланатын көлем (бас)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
	Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы				
1.	Сиыр етін өндіруінің құнын арзандату			5 876,3	1 276 561,0
1)	1-санатқа	килограмм	300	2 943,0	882 900,0
2)	2-санатқа	килограмм	170	1 433,3	243 661,0
3)	3-санатқа	килограмм	100	1 500,0	150 000,0
2.	Бұқашықтарды бірінші өнеркәсіптік дайындауды қамтамасыз ету	бас	24000	1 500	36 000,0
	Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы				
1.	Сүт өндірісінің құнын арзандату			51 071,8	958 218,0
1)	1-санатқа	килограмм	25	28 000,0	700 000,0
2)	2-санатқа	килограмм	15	5 500,0	82 500,0
3)	3-санатқа	килограмм	10	17 571,8	175 718,0
	Етті бағыттағы құс шаруашылығы				
1.	Құс етін өндірісінің құнын арзандату			42 378	2 926 948,0
1)	1-санатқа	килограмм	70	32 500	2 275 000,0
2)	2-санатқа	килограмм	66	9 878	651 948,0
	Жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығы				
1.	Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату			210 235	611 078,0
1)	1-санатқа	дана	3,0	161 167	483 501,0
2)	2-санатқа	дана	2,6	49 068	127 577,0
	Шошқа шаруашылығы				
1.	Шошқа етін өндірісінің құнын арзандату	килограмм	98	7 350	720 300,0
	Қой шаруашылығы				
1.	Қой етін (козы етін) өндірісінің құнын арзандату			1 160	168 000,0
1)	1-санатқа	килограмм	200	520	104 000,0
2)	2-санатқа	килограмм	100	640	64 000,0
2.	Тоқты жүн өндірісінің құнын арзандату	килограмм	150	1 300	170 040,0
	Жылқы шаруашылығы				
1.	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату	килограмм	92	750	69 000,0
2.	Қымыз өндірісінің құнын арзандату	килограмм	60	2 300	138 000,0
	Түйе шаруашылығы				
1.	Түйе еті өндірісінің құнын арзандату	килограмм	90	134	12 060,0
2.	Шұбат (шөлдеуіт және жаксартылған шұбат) өндірісінің құнын арзандату	килограмм	55	1 500	82 500,0
Барлығы					7 166 705,0

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

Көл бойындағы елдің КӨҢІЛІ ТОҚ



Көрген жанның көз жауын алатын, айдынында ақ шағала қалықтаған аймақ – Алакөл. Жаңалыққа құмар жаңа ғасырда аталған өңір тек қазақстандықтардың ғана емес, басқа да елдің назарын өзіне аударып отыр. Өңірдің кейінгі жылдары әлеуметтік әлеуеті жақсарып, экономикасы өркендеп, елдің еңсесі көтеріліп, қиын жылдары қирандыға айналған ауыл келбеті түрленіп, гүлдене бастады. Бұл орайда атқарылып жатқан жұмыстарды Алакөл ауданының әкімі Әлібек ЖАҚАНБАЕВТЫҢ аудан тұрғындарымен есепті кездесуінен білдік. Әкімнің есепті кездесуіне ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Жайсан АХМЕТОВ пен облыс әкімі аппаратының басшысы Сұлтан ДҮЙСЕМБІНОВ қатысты.

Жетісу

Қажет АНДАС

Жоңғар Алатауының шұрайлы бөктеріне емініп жатқан өңір мал мен егін шаруашылығын дамытуда мол мүмкіндікке ие. Осы тұрғыдан келгенде ауданда жыл өткен сайын мал басының өсіп, егін алқабының да көлемі арта түскенін біліміз. Аудандағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы да басқа аудандардан көш ілгері. Оны төмендегі жетістіктен аңғаруға болады. Әкім есебінде көрсетілгендей, өткен жылы ауданда 44 млрд. 258 млн. теңгенің ішкі өнімі өндіріліп, 8 жоба қолданысқа берілген. Мұның ішінде ауылшаруашылық саласы бойынша 31,7 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, 2015 жылға қарағанда 101,3 пайызды құраған. Ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен 4 өндірістік кооператив, 25 серіктестік және 1397 шаруа қожалығы айналысуда. Жылдан-жылға дәнді және азықтық дақылдардың үлесі артып, ел ырысын молайтты. Өткен жылы 11000 гектар жерге ылғал сақтау технологиясының қолданылғаны шаруалардың өнім берекелігін арттыруына сеп болды. Сондай-ақ, ауданның су жүйелерін жөндеу жұмыстары жүргізіліп, игерілмей жатқан суармалы егістіктер айналымға қосылды. 1239,8 шақырым шаруашылықаралық су жүйелерінің 360,2 шақырымына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 160,4 млн. теңгеге жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, «Ислам» банкі арқылы 7,2 млрд. теңге бөлініпті.

Алакөлдіктер биыл 500 гектар жерге қант қызылшасын себуді жоспарлап отыр. Ал асыл тұқымды мал басын өсіруге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды орындауда Алакөл ауданы көш басында келеді. Жайылымдық жерлердің өнімділігін арттыру мақсатында ескі каналдар мен арықтар қалпына келтіріліп, 10 мың гектар жайылымдық жер суландырылды. Алдағы уақытта ет өңдеу комбинатын, шаруашылық кооперативін, сүт қабылдау пунктін, мал бордақылау және мал сою алаңдарын ашуды жоспарлап отыр.

Жалпы Алакөлде инвесторлардың назарын аударатын байлық та, бағалы жер де баршылық. Сондықтан болар, ірі корпорациялар ауданнан өздерінің өкілдіктерін ашып, кәсіпкерліктің іргетасын көтерудің қамына кіріскен. Нәтижесінде жергілікті бюджетке түсетін түсімнің көлемі артқан. Сонымен қатар, өңірдің өндірісі де өркендеп келеді. Ауданда болашағы зор инвестициялық жобалар мен туризмді кластерлік дамыту шеңберінде әлеуетті инвесторларды тарту бойынша жұмыс жүргізілуде. Сол қатарда аудан экономикасының дамуына үлес қосып жатқан асфальт шығаратын зауыт, «ДостықГазТерминал» ЖШС-нің газ толтыру пункті, «Агример Авто» ЖШС дәнді дақылдарды қабылдау, тиеу, сақтау жобасының да үлесі мол. Алдағы уақытта ауданның дамуына серпін беретін «Жетісу Гидро» серіктестігінің, қуаттылығы 50 МВт, құны 17 млрд. теңгені құрайтын Тентек өзені бойындағы «Төнкеріс-1» су электрстансысының құрылысы басталады. Аталған жоба іске асқанда ауданның электр энергиясына сұранысы (21МВТ) толық қамтылады және 36 тұрақты жұмыс орны ашылады.

Өлкенің тамырына қан жүгіртетін – инвестиция. Ауданға соңғы бес жылда 8 млрд. теңге инвестиция тартылса, соның 1,5 млрд. теңгесі өткен жылдың еншісінде. Шалғайдағы Алакөл ауданы еліміздің басқа аймақтарымен автокөлік және теміржол арқылы тығыз байланысқан. Аудан аумағындағы теміржол бекеттерін басып өтіп, Қытайға қатынайтын Алматы – Үрімші және Астана – Үрімші жолаушылар пойыздары тұрақты жүріп тұр. Өткен жылы облыс әкімінің бастамасы және қолдауының арқасында Алматы мен «Алакөл» демалыс аймағын жалғастыратын туристік пойыз қатынасы іске қосылғанын жақсы білеміз. Ендігі мақсат – былтырдан бері әңгіме өзегіне айналған тұрақты және чартерлік әуе жолы қатынасының ашылуын тездету. Осы мақсатта Үшарал қаласы маңынан әуежай салуға бюджеттен қомақты қаржы, 4,5 гектар аумағындағы жер бөлінген. «ҚазАэроПроект» жасаған жоба бойынша жұмысты атқаратын мердігер анықталып, әуежай құрылысы қарқын алды. Сонымен бірге ҚР Қорғаныс министрлігімен қолданыстағы әскери әуе базасының ұшу жолағын пайдалану жөнінде келісім жасалыпты. Ұзындығы 2500 метр болатын ұшу жолағы кез келген әуе кемесін қабылдауға мүмкіндік береді. Алакөлде жүзеге асырылатын тағы бір инновациялық жоба – Бескөл стансысындағы құны 450 млн. теңге тұратын майбұршақ өңдейтін «Алакөл – май» зауыт құрылысы. «ZHERSU» инвестициялық-өнеркәсіптік корпорациясы мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның инвестициясымен бой көтерген нысан майбұршақты алысқа арбаламай, ауданның өзінде тереңдете өңдеуді жүзеге асыруда.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылы жазда облысқа сапарында табыс көзі болар сұлу табиғаттың пайдаға аспай жатқанын көріп, Алакөлді дамытудың бизнес жоспарын жасау туралы арнайы тапсырма берген болатын. Содан бері біраз уақыт өтті. Демалыс орындарын дамытуға ыңғайлы аймақтарда жайлап болса да жұмыс жүріп жатыр. Егер, әлемдік тәжірибеге сүйенсек, туризмді қарқынды дамытумен айналысатын мемлекеттер өз азаматтары мен шетелдік туристерге сапалы қызмет көрсете отырып, ұлттық жоспарлар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға қомақты қаржы бөледі.

Өткен жылдың есебі бойынша, Алакөл жағалауында 1 млрд. 136 млн. теңгеге 30 туристік нысан және бүгінгі күннің талабына сай 500 орынды «AQUAMARINE resort» демалыс аймағы іске қосылып, 170 жаңа жұмыс орны ашылған. «Алакөл» демалыс аймағында орналасқан туристік нысандар тәулігіне 4500 адамды қабылдап, қызмет көрсете алады. Өткен бір жылда 452,5 мың адам демалып, 1 млрд. 562,4 млн. теңгенің қызметі көрсетілген. Алдағы уақытта 700 орынды «Фалкон Петролеум» және «Алакөл-резорд» қонақүй кешені пайдалануға берілмек.

Өңірде «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020», мүгедектерді оңалту бағдарламасы, тұрғын үй құрылысы, шағын кәсіпкерлік, инвестиция, аудан халқын сапалы ауызсумен қамту, жол жөндеу, білім, денсаулық, мәдениет және тіл, спорт және туризм салаларында жаңа бастамалар қолға алынып, жақсы жетістіктер тіркелген. Аудандағы діни ахуал орнықты. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ширату мақсатында қомақты қаржы бөлініп, тың жобалар жүзеге асырылған. Ауданның экономикалық әлеуеті артқан сайын тұрғындардың өмір сүру деңгейі де жоғарылай түскен.

Аудан әкімінің баяндамасынан кейін мінберге көтерілген Алакөл аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Оспан Мұхаметқалиев, Үшарал қалалық аналар кеңесінің төрайымы Ұлдаш Бипажанов, «Нусипов и К» ЖШС директоры Қанатхан Нүсіпов, Бескөл №14 орта мектебі директорының орынбасары Анна Савченко, Ақши ауылдық амбулаториясының меңгерушісі Айгүл Тұрсағатов, «Архарлы-Майбұршақ» ЖШС директорының орынбасары Ержан Нүсіпов аудан әкімінің есебіне қанағаттанарлық деген баға берді. Сондай-ақ, тұрғындар арасынан Үшарал – Достық жолының күрделі жөндеуі, заңсыз балық аулауды шектеу, Көлбай ауылдық дәрігерлік амбулаториясына заман талабына сай ғимарат беру, «Шағала» және «Жалын» лагерьлерінің қызметін ширату, «Тұран» экспрес пойызының жыл бойы жүруін қамтамасыз ету қатарлы ұсыныстар түсті. Аудан әкімі бұл ұсыныстарды ескеретінін жеткізді.

Алакөл ауданы.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ



Жылдағы дәстүр бойынша 23–30 қаңтар аралығында Іле ауданының әкімі Қыдыргелді Медеуовтың халық алдындағы есепті кездесулері болып өтті. Аудан басшысы халықпен кездескенде 2016 жылы атқарылған жұмыстарын жан-жақты саралап, ондағы қол жеткізілген табыстарға кеңінен тоқталып, 2017 жылға арналған межелер мен міндеттерді алға тартты.

Жүйелі жұмыс

Өнеркәсібі мен өндірісі, құрылысы, ауылшаруашылығы қатар дамыған бұл өңір Алматы облысындағы көшбасшы аудандардың бірі болып табылады. Облыс бюджетінің қомақты бір бөлігі осы Іле ауданының үлесіне тиеді. Облыстың тауарлы өндіріс көлеміндегі аудан өнеркәсібінің үлес салмағы 33 пайызды құрайды.

«Филип Моррис Қазақстан», Алматы желдеткіш зауыты, «Райымбек Агро», «Алель агро», тағы басқа да ірі-ірі кәсіпорындар өндірісінің дамуы есебінен өнім көлемі 212,5 миллиард теңгеге жетіп, бұл жөніндегі болжам 117 пайызға орындалды. 20 өнеркәсіп нысаны қолданысқа берілді және 13 өнеркәсіп өз жұмыстарын кеңейтіп, жаңа 608 жұмыс орнын ашты.

2017 жылы өнеркәсіп өнімінің түсімін 215 млрд. теңге көлеміне ұлғайту жоспарлануда. Сол сияқты биыл 13 жаңа өнеркәсіп нысанын іске қосу және бұрыннан жұмыс жасап тұрған 17 өнеркәсіп нысанын кеңейтіп, 620 жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Ауылшаруашылығы саласында да біршама ілгерілеушілік байқалады. Дәнді дақылдар ысырапсыз жиналып, қоймаларға сақтауға қойылды. Өткен жылы 81 мың тонна ет, 54 мың тонна сүт, 273 миллион дана жұмыртқа өндірілді. Мемлекеттің «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 384 бас мүйізді ірі қара, «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 1043 бас қой, «Құлан» бағдарламасы бойынша 54 бас жылқы сатып алынды.

Негізгі капиталдың инвестициясы 56 млрд. теңгені құрады. Негізгі инвестиция көлемі 45 млрд. теңгеге игерілсе, оның 80 пайызы бюджеттен тыс қаржы арқылы, ал 20 пайызы бюджет қаржысы арқылы игерілді.

2017 жылы аудан экономикасына 11 ірі жобаны іске асыру арқылы 57 млрд. теңге инвестиция тарту көзделініп отыр. Бұл жерде аудан әкімі көптеген үлкен кәсіпорындармен қатар құны 5,2 млрд. теңгелік қой етінен жартылай фабрикаттарды өндіретін «Бауман ГМБХ и компания КГ» кәсіпорынының ауданға инвестиция әкелетіндігін ерекше атап өтті. Немістердің «Бауман» компаниясы Қазақстанның қой етінен түрлі жартылай шикізаттар өндіруге құлшыныс танытып отырғандығына баса назар аударды.

Аудан көлемінде орта және кіші кәсіпкерлік нысандар саны 7205, олардың 1755 бірлігі шағын өнеркәсіп, 1325-і шаруа қожалықтары, 4125-і жеке кәсіпкерлерді құрайды. Жалпы жұмыспен қамтылған халық саны 28060 адамға жетті.

Аудан әкімі сонымен қатар құрылыстағы жеткен жетістіктер, республикалық маңызы бар «Алматы – Қапшағай» тас жолының, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көпірінің, басқа да ірі-ірі зауыттардың, 84,6 мың шаршы метр тұрғын үйдің, оның ішінде жалпы алаңы 9.3 мың шаршы метр болатын Өтеген батыр кентіндегі 100 пәтерлік екі тұрғын үйдің салынып, пайдалануға берілген жаңа мектеп, ауылдық дәрігерлік ауруханалар, почта ғимараттары, тұрғын үйлер, тағы басқа нысандар елді мекендердің сәулетін аша түскендей. Дей тұрғанмен халық санының барған сайын көбейіп, тұрғын үй салу үшін жер учаскесіне деген сұраныстың артуы инфрақұрылым мәселесін шешуді қиындатып отыр. Мұның өзі сайып келгенде аудан әкімдігі алдына жаңа міндеттерді жүктеуде. Барлық саладағы жұмысы жүйемен қоспарланып, әрбір іске үлкен жауапкершілікпен қарайтын аудан әкімдігінің бұл мәселені де оңтайлы шешетіндігіне сенім зор.

Роза АЙДАРБЕКОВА.
Іле ауданы.

МҮМКІНДІГІ мол өңір

Үйғыр ауданының әкімі Алимжан ТОХТАСУНОВ өңірдегі барлық округтер халқымен кездесулер өткізіп, өткен жылы жүзеге асырылған жұмыстар мен биылғы жылы атқарылатын істерін жұртқа жеткізді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Шонжы кентіндегі аудандық Мәдениет үйінде өткен аудан әкімінің қорытынды жиынына өңірдегі кәсіпорындар мен мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың, құқық қорғау орындарының өкілдері шақырылды. Жиынға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт қатысты. Өңір басшысы баяндамасында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының әр саласына жекежеке тоқталып, қысқа да нұсқа сандармен саралап, өз тұжырымдамаларын түйіндеп жеткізді. Шешімін күткен кейбір мәселелердің қандай жолмен жүзеге асатынын нақтылап түсіндірді.

Аудан тұрғындарының негізгі тіршілігі ауылшаруашылық өндірісімен байланысты. Сала бойынша өндірілген өнімдердің жалпы құны 21 миллиард 308 миллион теңгені құрады. Өткен жылы аудан бойынша 13160 гектар жерге ауылшаруашылық дәнді дақылдары егіліп, 74920 тонна өнім алынды. Сонымен қатар 7464 тонна картоп, 26309 тонна көкөніс, 910 тонна күнбағыс, 1659 тонна бақша, 12605 тонна жеміс, 2505 тонна жүзім жиналды. Жергілікті атқарушы биліктің шараларға күзде көрсеткен жанды көмегінің нәтижесінде жиналған ауылшаруашылық өнімдері түгел дерлік лайықты бағада сатылды.

Қарадала аймағында соңғы жылдары мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Өңірде асыл тұқымды мал саны 1210-ға жетті. Тек өткен жылы ғана «Фарм агро», «Қаз Мал» ЖШС, «Бата», «Табиғат» жеке шаруа қожалықтары жалпы асыл тұқымды 709 ірі қара малын сатып алды. Аудандағы мал сапасының жақсаруына мемлекеттік бағдарламалар ықпал етуде. Айталық, «Сыбаға» бағдарламасының шапағатымен 566 сиыр, 35 бұқа, «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 13 миллион 355 мың теңгеге 910 қой, 96 қошқар, «Құланның» көмегімен 116 бие, 7 асыл тұқымды айғыр сатып алынды. Бүгінгі таңда өңірде 206211 қой-ешкі, 63543 ірі қара, 14015 жылқы қыстатылуда.

Өткен жылы өңірдегі өнеркәсіп өнімінің көлемі 2 миллиард 890 миллион теңгені құрады. Шонжы ауылындағы жүн және тері өңдеу зауыты құрылысының алғашқы кезеңі аяқталып, іске қосылды. Зауытта жыл соңына дейін 742 тонна тері өңделіп, ұжым осы табысынан жергілікті бюджетке 556,0 мың теңге салық төледі. Мұнда 100 мерзімді және 23 тұрақты жұмыс орыны ашылды. Жалпы бұл зауыттың қуаттылығы жылына 5 мың тонна жүн, 15 мың ірі қара, 1 миллионға дейін қой-ешкі терісін өңдеуге жетпекші. Осы жылы зауыт толық қуатында іске қосылып, онда 200 тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

Есепті мерзім ішінде аудан бойынша барлық қаржыландыру көздерінен тартылған инвестиция көлемі 18 миллиард 112 миллион теңге. Биыл қарадалалықтар 18,7 миллиард теңгеге инвестиция тартуды жоспарлапты. Бүгінгі күні өңірде 4067 белсенді кәсіпкерлік субъектісі халыққа қызмет көрсетуде, оларда жалпы 7055 адам жұмыс істейді. Шағын және орта бизнес өкілдерінің өндірген өнім көлемі 6 миллиард 950 миллион теңгені құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда өнім 151,5 миллион теңгеге ұлғайған. Әкім өңірде жүзеге асқан басқа да игілікті істерге тоқталып, биылғы жылы қолға алатын жұмыстарды жіліктеп жеткізді.

Аудан әкімінің есепті баяндамасын талдауға аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Қалабай Мерейімов, зейнеткер Артем Хамраев, аудандық әжелер кеңесінің төрайымы Рая Сартолова, аудандық мәслихаттың депутаты Ноғайбек Дәуренбеков, «Тенгрикут» жеке шаруа қожалығының жетекшісі Үйғын Арзиев, кәсіпкерлік палатасы Үйғыр аудандық филиалының директоры Амангелді Мүсілім және облыстық мәслихаттың депутаты Ызғарбек Бектұрсынов қатысты. Сөз сөйлеушілердің бәрі Елбасының жаңа Жолдауын, билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі халыққа жарияланған Үндеуін тілге тиек етіп, жаңа даму кезеңіне бет алған ел тіршілігінің өркенді өзгерістерін атап өтті. Сонымен бірге аудан әкімінің есебіне қанағаттанарлық деген бағасын берді. Аудан тұрғындары үшін шешімін күткен маңызды мәселелер мен ұсыныстарын да айтты.

Жиын соңында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт мінберге көтеріліп, есеп барысында туындаған сауалдарды талдап, өткен жылы облыста атқарылған бірқатар жұмыстарды айтып, кездесуге келгендерге биыл жалпы Жетісу аймағында жүзеге асыру жоспарланған жұмыстарды да таныстырды. Қасиетті Қарадала өңірінде ауылшаруашылық өндірісін өркендетудің мол мүмкіндіктеріне тоқталды.

Үйғыр ауданы.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 18 (18294)
Сейсенбі, 14 ақпан, 2017 жыл.

Оң жолға түсті

«Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалы «Бақытты балалық шақ» жобасы аясында білім бөлімімен бірлесе жайсыз отбасыларына рейд жүргізді.

Елімізде бала өмірі мен оның қауіпсіздігіне баса мән беріледі. Кәмелет жасына толмаған баланың өмір сүруіне толыққанды жағдайдың болуы және міндетті орта білімді алуы заңмен бекітілген. Осы орайда талаптарға сай келмей, баланың денсаулығы мен моральді тұрғыдан психологиясына қауіп төнген жағдайда, ондай отбасылар есепке алынады. Бала өміріне атүсті қарайтын отбасылар тұрақты бақылауда болып, ал олардың перзенттерімен психолог мамандар жұмыс жасайды.

Өкінішке қарай, қала бойынша ата-анасы ішкілікке әуес болып, балалары қараусыз қалғандар бар. Жайсыз отбасылардың үйлерін арнайы тексеруге Текелі қалалық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары Ермек Штауб, Текелі қалалық білім бөлімі қызметкері Ғалия Шүкібасова, «Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалының кеңесшісі Балжан Ахметова, қатысты.

Рейд нәтижесінде отбасылардың бұрынғы айтылған ескертулерді назарға алып, кемшіліктерді түзеткені белгілі болды. Кәмелетке толмаған балалар тәрбиеленіп отырған 5 отбасының да жағдайы оңалған. Бала өмірдің балы болғандықтан, олардың жағдайын жасау – үлкендердің маңызды міндетінің бірі. Осыны әрбір ата-ана ойына түйіп, бала өмірінің қиындықсыз болуына жағдай жасап отырса нұр үстіне нұр.

Ана тілін асқақтатты

Бәйдібек би ауылындағы Мәдениет үйінде аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Өнер алды – қызыл тіл» атты аудандық жүргізушілер байқауы өтті. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік тіл – ана тіліміздің мәртебесін биіктетіп, тұғырын нығайтуға үлес қосу.

Байқауға қатысқан үміткерлер сөзді көркемдеп оқудағы қабілеттерін көрсетті. Одан кейін берілген сценарий бойынша орындаушылық мүмкіндіктерін ортаға салды. Өзара жұптасқан түрде бірін бірі толықтырып, шешендікке лайық бейімділіктерін байқатты.

Мұның бәріне олар күнібұрын тыңғылықты түрде дайындалғаны анық. Өйткені, сөз деген – сурет, бояу, философия. Соның бәрін дыбыспен және ырғақпен бейнелеп шығу оңай емес. «Жүйелі сөз – жүйесін табуға» тиісті. Ата-бабамыздан қалған қасиетті қағидалар осындай. Сондықтан да қазақ сөз өнерін бар өнердің басына шығарған.

Сүйінерлігі сол, осындай талаптармен сөз өнерінің ішкі иірімдерін жастар терең меңгеруге күш салыпты. Ана тіліне деген құрметтерінің бұрынғыдан арта түскендігі сезіледі. Осының бәрі ел тәуелсіздігінің арқасы екені айтпаса да белгілі. Жастарымыз ағылшын және орыс тілдерін үйренумен қатар, ана тіліне деген ыстық ықыластарын ерекшелеп көрсетті. Қазақтың қара сөзімен-ақ тыңдаушылардың жүрегін шымырлатты.

Байқауға 14 үміткер қатысты. Қазылар алқасының сараптамасы негізінде жүзден шыққан жүйріктер лайықты марапаттарға ие болды. Бірінші орын Бәйдібек би ауылының өнерпазы Нұрбану Нұрланға бұйырды. Екінші орынды Шырайгүл Наурызбай мен Айбота Жексембайлар еншіледі. Дана Қанапина, Айдана Наурызбайқызы және Жадыра Кенгербаевалар үшінші орыннан көрінді.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ



АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АУҚЫМДЫ

Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берді. Барлық салада ілгерілеушіліктің бар екенін тілге тиек еткен қала басшысы өткен жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 11 млрд. теңгеге артқанын айтты. Сондай-ақ, қалада кәсіпкерлікпен айналысушылар қатары көбейіп келеді. Шағын және орта бизнеспен экономикалық белсенді халықтың 30 пайызы, яғни 26 мыңнан аса адам шұғылданады. Олар былтыр бюджетке 7,3 млрд. теңге түсім түсірген.

Жетісу
Еңлік КЕНЕБАЕВА

Өткен жылдың қорытындысы жайлы толық ақпарат берген Бағдат Әбілмәжінұлының айтуынша, қаладағы құрылыс қарқыны бәсеңдемейді. Биыл аумағы 80 мың шаршы метр болатын 11 үй салу жоспарлануда. Сондайақ, әлеуметтік нысандар құрылысы да назардан тыс қалмайтынын алға тартқан әкім қазіргі таңда қалада жаңа театр, көрме кешені мен Салтанат сарайының құрылысы жүріп жатқанын айтты. Қалада 2 орта және 1 музыка мектебінің құрылысы басталмақ. Қалалық бассейн маңындағы құрылысы аяқталмаған нысанды «Халыққа арналған үкімет» жобасы аясында әкімшілік орталыққа айналдыру көзделген. Талдықорғанды газдандыру бағытында да жұмыстар басталды. Қалада биыл 70-ке тарта шеткері көше жөндеуден өтпек.

Қорытынды есепте облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** қала дамуындағы бірқатар кемшіліктерге тоқталды. Ол қаланы газдандыру үшін желілер тарту жұмысының баяу жүргізіліп жатқанын, индустриялдық аймақтағы кәсіпорындардың аздығын және қаланың оңтүстік-батыс бөлігіндегі инфрақұрылымы тартылып қойған «Жетісу» ӘКК ҰК» АҚ-ға тиесілі 600-ге тарта жер телімінің әлі күнге бос тұрғанын сынға алды.

– Қала экономикасына қазір 35 млрд. 459 млн. теңге бөлініп отыр. Міне, енді осындай қаражатпен атқарылып жатқан жұмыстарды халыққа жеткізу керек. Әкім орынбасарлары халық алдында есеп беруге міндетті. Бірақ бұған бас қатырып жатқан ешкім жоқ. Халыққа барынша жағдай жасау керектігін ұмытып кетіп жатырсыңдар. Жабайы сауда нүктелерімен жұмыс істеңдер дегенмін. Бірінші саудагерлерге қолайлы жағдай жасап, сауда орындарын салып, сол жерге саудагерлерді апарып, көрсетіп, содан кейін ғана оларды орналастырыңдар деген тапсырма берілгенімен жүйелі жұмыс атқара алмай отырсыңдар. Ал қала көшелерін қардан тазарту жұмыстарының сапасы мүлде көңіл көншітпеді. Заманауи техникалар қайда? Соны іске қосу керек. Алақандай ғана қаланың тазалығына көңіл бөлмеу салғырттықты аңғартады. Қаланың өркендеп дамуы жолында қолға алған істі көрсетіп, қанша қаражат керектігін айтсаңдар қолдау білдіруге дайынбыз. Осыны естен шығармаңдар. Бірлесе істеген жұмыс қана нәтижелі болатынын ұмытпаңдар. Халыққа медицина жағынан барлық көмек берілуі керек. Сол үшін де облыстың медицина бөлімшелерінде ең мықты деген аппараттар болуы тиіс. Халықтың денсаулығын біз шекара аспай өзімізде-ақ емдеуді қолға алуымыз керек.

Үкімет үйінде өткен басқосуда Елбасы біздің облыста атқарылған жұмысқа өз ризашылығын білдірді. Бізге зор сенім артты. Артылған сенімге селкеу түсірмей нәтижелі жұмыс істеуіміз керек. Облысты көркейтуге, халыққа жағдай жасауға келгенде басқа өңірлермен салыстырғанда біздің мүмкіндігіміз зор. Тек жұмыс істесек болғаны. Маған ел қамы үшін ғана жұмыс істейтін мықты мамандар қажет. Ел игілігін естен шығармайық, – деді облыс басшысы.

Амандық Ғаббасұлы сөз соңында қала әкіміне жеке кәсіпкерлермен кездесіп, жаңа жұмыс орындарын ашуды, өндіріс орындарын аралап, бақылау жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Мектеп, балабақша құрылысын да назардан тыс қалдырмауды айтты. Жаңа жұмыс орындары ашылса халықтың әлеуметтік жағдайының да біршама жақсаратынын алға тартты. Облыс басшысы есепті кездесуде аталған бағыттағы кемшіліктердің орнын толтыру қажеттігін нақтылап өтті. Жиналған қала тұрғындары көкейінде жүрген сұрақтарын қойды. Мәселен, Еркін ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның тозығы жеткен. Сонымен қатар, тұрғындар жергілікті полициялардың жұмысына қанағаттанбайтынын алға тартты. Себебі, мал шаруашылығымен айналысатындардың жылына ондаған бас ірі қара малы ұрлардың қолында кететін көрінеді. Арыз-шағым жазылғанымен одан ешқандай да нәтиженің жоқтығына жұрт наразы. Ал Өтенай ауылдық округіне қарасты Ынтымақ ауылының тұрғындары жарық, ауызсу және жол құрылысы туралы сұрақтарына жауап алды.

Облыс әкімі дәрігерлік-амбулатория келер жылдың I тоқсанында халық игілігіне берілу керектігін айтты. Ал өршіп тұрған ұрлардың астыртын істерін әлі күнге дейін аша алмай жүрген жергілікті полиция қызметін күшейтуді жауапты басшыларға тапсырды. Жиын соңында тұрғындар қала әкімінің есебіне қанағаттанарлық деген баға берді.

(3-бетке назар аударыңыз).

ҚҰРМЕТТІ талдықорғандықтар және қала қонақтары!

Азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында әр аптаның сенбісінде облыстың тауар өндірушілерінің қатысуымен ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді.

Мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қонаев көшесі, 4, «ОптМаркет» алаңында, басталуы сағат 8.00-де.



ЧЕХИЯ ЖЕТІСТІКТЕРІ көрсетіледі

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Чехия Республикасы Парламенті депутаттарының делегациясы Астанаға іссапары аясында «ЭКСПО – 2017» көрмесінің нысандары мен ұйымдастыру кеңсесін көріп шықты. Сондай-ақ, «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Чехия Депутаттар Палатасының төрағасы Ян Гамачекпен кездесті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Кездесу барысында екі жақ «ЭКСПО – 2017» көрмесіне қатысты сұрақтарды талқылады. Ахметжан Есімов бүгінгі күні 115 мемлекет пен 18 халықаралық ұйымның көрмеге қатысатындығын ресми растап, павильондарды беру жұмысының белсенді жүріп жатқанын атап өтті. Соның ішінде 18 мемлекеттің өз павильонын алып, тақырыптық безендіруге кіріскенін де жеткізді.

Өз кезегінде Ян Гамачек жаңа қуат көздерін қолдайтын Чехия үшін ЭКСПО – 2017 көрмесіне қатысу маңызды екенін айта келіп:

– Чехия делегациясының сапары чехтардың көрмеге қаншалықты мән беріп отырғандығын білдіреді. Көрмеге дайындық барысымен танысып шықтық, оның ең жоғары деңгейде өтетініне сенімдіміз, – деп атап өтті Чехия Парламенті Депутаттар Палатасының төрағасы.

Сонымен қатар, Ян Гамачек көрменің ашылуына Чехия Президентінің қатысатындығын айтты. Көрмеде чехтар өздерінің баламалы энергия көздерін пайдалану саласындағы ең озық заманауи технологияларын көрсететіндігін де жеткізді.

Басқосуда Чехия Парламентінің депутаттары көрмені ұйымдастырушыларға өздерін қызықтыратын сұрақтар қойып, тұшымды жауап алды. Атап өтсек, делегация құрамында Чехия азаматы Збынек Станюра көрме кезінде қанша жұмыс орнының ашылатындығын сұрады. Ұлттық компания өкілдері көрмені өткізудің дағдарысқа қарсы жоба екенін атап өтіп, 50 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылғанын баяндады.

Кездесу соңында осы делегация құрамындағы депутаттар 15 маусымда өтетін Чехия Республикасының Ұлттық күніне Астанаға келетіндіктерін де білдірді.

ЖАҢҒЫРУ — ЖАСАМПАЗ ЖОЛЫ

ІСКЕ ЖҰМЫЛУҒА ынталандырады

Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмаға сәйкес 18 ақпанға дейін елдің барлық аймағындағы тұрғындарға ауылшаруашылығы кооперативтерін құру және кооперацияларды мемлекеттік қолдаудың жаңа механизмдері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекет басшысы ҚР Ауылшаруашылық министрлігі алдына ауыл азаматтарын ауылшаруашылығы кооперацияларын кең ауқымда құруға ынталандыру және жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуда 500 мың ЖҚШ әлеуетін пайдалану бойынша міндеттер қойып отыр. Аталған түсіндіру жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізу үшін министрлік тарапынан АШМ қызметкерлері мен ғылыми ұйымдар өкілдерінен сарапшылар тобы құрылды. Мұндағы басты мақсат – әрбір ауыл азаматын ауылшаруашылығы кооперациялары негіздері бойынша ақпараттандырып, нақты іске жұмылуына ынталандыру. Бұдан бөлек, жерлерде жүргізілетін түсіндіру жұмыстары барысында бұған дейін құрылған кооперативтердің мониторингі жүргізіледі.

Яғни, тиісті инфрақұрылымының барлығы мен қайта өңдеуші кәсіпорындармен өзара байланысы, өткізу нарығы мен өзге де мәселелері сарапталады. Осының аясында 8800 080 8010 call-орталығы ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетеді (барлық бағыттардан қоңырау шалу тегін). Аталған нөмір арқылы ел азаматтары кооперация бойынша өз сауалдарын қойып, қажетті жауаптарын ала алады. Атап айтқанда, мемлекеттік қолдаудың түрлері, қаржыландыру шаралары, кооперативке бірігудің артықшылықтары туралы кеңінен мағлұмат алады. Түсіндіру барысы мен кездесулерде көтерілген өзекті және пайдалы ақпараттарды АШМ ресми сайты – mgov.kz пен агробіліктілік орталығының интернет ресурсы – Fermers.kz сайтынан табуға болады.

ҚР АШМ баспасөз қызметі.

МАЛ ҚЫСТАТУ

Қарасай ауданының Жаңашамалған ауылдық округінде шаруасын дөңгеленткен ауылшаруашылығы құрылымдары баршылық. Солардың бірі Айдар Рахимовтың «Айдар» қожалығы мал өсіруде біршама табысқа жетіп отыр.

Қырдағы қарбалас

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Бізге мал қыстату науқаны жайлы ауыл әкімінің орынбасары Мұрат Нүсіпов әңгімелеп берді. «Айдар» шаруа қожалығында 170 гектар жер бар, оның 50 гектары жайылымдық болса, 60 гектарына мал азығына арналған арпа егіледі. Қыраттың үстінде орын тепкен шаруашылық кешені алыстан көзге шалынады. Айналасы әдемі қоршаумен қоршалған ғимараттар қыстауға мүлде ұқсамайды. Заманға лайықталып салынған. Шаруашылыққа келіп, малшылардың тұрып жатқан үйлерін көргенде риза болдық. Барлық жағдай жасалған. Мұндағы бес адам қарауындағы 30 бас сиыр мен 20-ға жуық жылқысын жақсы күтімге алған. Қожалық 500 бас арқар-меринос пен 600 бас қазақы қойды бағып, өз төлі есебінен өсіруді жолға қойған. Мал төлдету науқаны әлі басталмағанымен ерте туған марқалар әр тұстан байқалады.

– Шаруашылықта қойды қолдан ұрықтандыру жыл сайын жүзеге асырылады. Алайда, арасында «арамза» қозылар да кездеседі. Ауылдық округтегі қожалықтар тұтынушыларды отандық сапалы әрі экологиялық таза өнімдермен қамтамасыз етіп, көптеген адамға жұмыс беріп отыр, – дейді Мұрат Нүсіпов.

Аталған шаруа қожалығы жылқы мен сиыр малын бордақылап, еркек тоқтыларды семіртіп, етке өткізумен айналысады. Малды семірту үшін шөпті турап, пайдалы қоспалармен араластырып береді. Мал төлдету науқанына да тыңғылықты әзірленген. Ерекше күтімге алынған саулықтар қыратты қозы үніне толтыратын күн де алыс емес. Бұл малшылар еңбегінің қорытындысын шығаратын кезең десе де болады.

Қарасай ауданы.



Суретті түсірген автор.

ОЙ-ӨРІМ

Еңбегімен ер сыйлы,
Өнбегімен жер сыйлы.

ЖЕТІСУ ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ҚАЛЫПТЫ

Талдықорған қаласындағы «Жеруйық» коммуналдық базарында әр сенбі сайын жәрмеңке өткізіледі. Мұндай шара жаңадан ашылған «Оптмаркет» көтерме сауда кешенінде де ұйымдастырылуда. Мұндағы мақсат – халық көп тұтынатын азық-түлік түрлерінің бағасын тұрақты ұстап, өзімізде өсіріліп, өндірілген өнімдерді ешбір делдалсыз жұртшылыққа жеткізу.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Атқарушы билік те бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүруіне айрықша назар аударып, қажетті іс-шараларды қолға алуда. Нәтижесінде тұрғындардың күнделікті тіршілікте тұтынатын азық-түлік түрлерінің бағасы қатаң бақылауға алынып, олардың шарықтап кетпеуі жіті қадағаланып отыр. Бұл үшін арнайы құрылған комиссия жұмыс істеп жатыр. Осы ретте өткен сенбіде ұйымдастырылған жәрмеңкеде тауар бағасына тағы бір мәрте назар аударылып, мониторинг жүргізілді.

Комиссия мүшелері алдымен қалалықтар жиі баратын «Жеруйық» коммуналдық базарына бас сұқты. Күннің суығына қарамастан таңсәріден басталған шараға адам көп жиналыпты. Қаланың барлық тұрғыны осында келіп сауда жасайтындай көрінді. Осыдан-ақ жұртшылықтың бұл жерге әбден үйреніп қалғаны аңғарылды. Ет, сүт өнімдері мен көкөніс, жеміс-жидектер молынан жеткізіліпті. Бал мен балықтың да алуан түрі сауда-ланды.

Ауыл дәмін сағынған қалалықтар әсіресе құрт, ірімшік, айран, қатық, тары-талқан, қолдың сары майы мен кілегей сияқты өнімдерді ерекше ықыласпен алып жатты. Нан мен тәтті тоқаштарға қызығушылық танытқандар да аз болған жоқ. «Жетісу» әлеуметтік корпорациясы да өздерінде бар өнімдерді әкеліпті. Ауылшаруашылығы тауарын өндірушілер мұндай игі шараның екі жаққа да тиімді екенін айтса, қалалықтар бұл базардағы тауарлардың экологиялық жағынан таза әрі бағасының да қолжетімді екенін және қызмет көрсету сапасының да көңіл толтыратындығын жеткізіп, ойларымен бөлісті. Базарды аралау кезінде сауда ережесі мен мәдениетіне, қызмет көрсету сапасына, сөрелердегі тауар бағасына, тіпті сауда жасаушылардың киімдеріне дейін ден қойылды.

Әсіресе әлеуметтік маңызы бар өнімдерге баса мән берілді. Самсап тұрған тауарлардың бағасы сонша қымбат емес, көңілге қонымды. Облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының сауда және баға мониторингі бөлімінің басшысы Айгүл Ыдырысова:

– Өздеріңіз білесіздер, облыста тауар бағасын тұрақтандыру мақсатында айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп жатыр. Әсіресе ет, сүт, нан, ұн, өсімдік майы секілді халық көп тұтынатын азық-түлік бағасына айрықша көңіл аударылады. «Жетісу» коммуналдық базарында азық-түліктің екі жүз, үш жүз түрі сауда-ланады. Мысалы, картоп келісінің орташа бағасы 70-85 теңгеден, ал ірілері 100 теңгеден сауда-ланып жатыр. Сол сияқты басқа да ауылшаруашылығы өнімдерінің бағасы бірнеше пайызға төмен. Сондықтан, облыста тауар бағасын тұрақты деп айтуға болады, – деді.

Гүлсім НӘСІПҚЫЗЫ, қала тұрғыны:

– Сенбі күндері коммуналдық базарға келемін. Бұған әбден үйрендім. Тұрақты тұтынушыға айналдым десем болады. Бір жетілік керек-жарағымды осы жерден түгенден аламын. Қалағаныңды табасың, бағасы да қымбат емес. Бәрі балғын өнімдер. Ал оларды өзім білетін адамдардан сатып аламын. Себебі, сенімді. Көптем келе жатыр. Ағзаға мол дәрумен керек. Сол үшін көкөністер мен жеміс-жидектер алдым. Ет, қазы-қартаны да ұмытқан жоқпын. Осындай жәрмеңке қарапайым халық үшін өте керек. Сондықтан, жиі ұйымдастырылса екен деген тілегім бар.

Байқағанымыздай, сүйек араласқан қой етінің келісі 1100 теңге, сиырдың жауырын еті 1270 теңге, тауық еті 620 теңге, күнбағыс майының литрі 400 теңге, пияз 70 теңге, бірінші сортты ұнның келісі 90 теңге, кеспе 175–180 теңге, пастерленген сүт 120–130 теңге, айран 125–150 теңге, жұмыртқа 265 теңге, қырыққабат 80 теңге, қант 220 теңге, қарақұмық 280 теңге, алма 230–300 теңгеден сауда-ланды. Комиссия тобы «Оптмаркет» көтерме сауда үйінде ұйымдастырылған жәрмеңкені де көріп қайтты.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail. ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ



ЖЕРЛЕСТЕРІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік ҮМБЕТОВ Аққайнар ауылының тұрғындарымен кездесіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» тақырыбындағы халыққа арнаған Жолдауын түсіндірді.

Жетісу
Серік САТЫБАЛДИЕВ

Маңызды құжаттың басым бағыттары осындағы Т. Бокин атындағы орта мектепте болған жылы шырайлы жүздесуде әңгіме өзегіне айналды. Халық қалаулысын туған ауыл тұрғындары ыстық ықыласпен қарсы алды. Серік Әбікенұлы Жолдаудың мән-маңызына жан-жақты тоқталып, ел әлеуетін арттыруға бағытталған міндеттерді жүзеге асырудың тетіктерін баяндады. Тәуелсіздік тағылымын сөз етті. Бизнес ашуға тілек білдірушілерге мемлекет тарапынан жаңа мүмкіндіктер ұсынылып отырғанын жеткізді. Мектеп директоры Мұратбек Әбішевтен білім ұясы туралы мәліметке қанықты. Жерлестерінен ауылдың жағдайын сұрап біліп, қойған сұрақтарына жауап берді. Осы орайда ауыл тұрғыны, ардагер ұстаз Есенкүл Исаева, ауылдық дәрігерлік амбулатория меңгерушісі Күлімжан Намекова, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бердіқұл Құрманғалиев туған ауылына әрдайым қол ұшын созып, елді мекеннің көркеюіне көмек көрсетуді айнымас дағдыға айналдырған депутатқа ризашылықтарын білдіріп, ұсыныс-тілектерін айтты.

Бүгінде Аққайнар ауылының жағдайы жақсы. Мұнда әлеуметтік-мәдени нысандар қалыпты жұмыс істеп тұр. Кейінгі жылдары Мәдениет үйі, емдеу мекемесі, спорт кешені, мешіт, пошта байланыс торабы ғимараттары жаңадан салынып, халықтың игілігіне қызмет етуде. Сапалы ауызсумен қамту, жол мәселесі әлдеқашан оң шешімін тапқан. Аудан бойынша табиғи газға қол жеткізген алғашқы елді мекеннің бірі осы. Кездесуде осы жайлар кеңінен сөз болды. Парламентші бірнеше пән кабинеттерін аралап, оқушылармен тілдесті. Мектептегі өлкетану мұражайын тамашалап, ондағы жәдігерлерге байланысты қызықты естеліктер айтты. Халық қалаулысымен аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Ертас, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жұмабек Шажабаев бірге еріп жүрді.

Аққайнар ауылы, Жамбыл ауданы.

ЖАСТАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Тіл сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің республикалық кеңейтілген мәжілісі өтті. «Конституциялық реформа және жастардың бойында патриотизм мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру» тақырыбындағы жиын жұмысына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Шаймардан НУРУМОВ қатысып, Елбасының биылғы Жолдауы кеңінен талқыланып, басымдықтары түсіндірілді.

Жетісу
Құралбек СӘБИТОВ

Жиынға Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облысы, Алматы қаласы мен облысындағы аналар кеңестерінің төрайымдары, этномәдени бірлестіктердің төрағалары, мектеп, колледждер директорларының оқу, тәрбие-ісі жөніндегі орынбасарлары, білім, тілдерді дамыту, ішкі саясат басқармалары қатысты. Кеңейтілген мәжілісті облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ғабит Тұрсынбай жүргізіп, күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Біріншісі, «Президенттік реформа және жастардың бойындағы патриотизм мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру» болса, екіншісі, Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын жүзеге асыру кеңінен талқыланды. Шара шымылдығын ашып, алғашқы сөз сөйлеген Шаймардан Усаинұлы Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысын жүйелі жүргізіп, белсенділік танытып жүрген аналардың еңбегі ерек екенін тілге тиек етті. Осы орайда аналар кеңесінің қызметі көптеген керемет жайттарға қанық қылып, жетістіктерге жеткізіп жатқанын да айтып өтті. Еліміздің кешегісі мен бүгінін салыстырып айтқан депутат әлем елдерімен терезесі тең болғанымызды мақтана жеткізіп, Елбасының ерен еңбегі мен халықтың ынтымақ-бірлігі екенін жеткізді.

Келесі сөз кезегін алған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Үндеуі және «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын кеңінен түсіндіріп өтті. Ол өз сөзінде 26 қаңтар мен 26 ақпан аралығында облыстағы ақпараттық насихат жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқанын жеткізіп, Жолдаудағы жаңғыру сөзіне тоқталып өтті. Модернизация – адамның санасезімін өзгерту деген мағынаны беретіндігін тілге тиек етіп, осыған дейінгі және биылғы Жолдаудың ерекшелігін атап өтті. Сондай-ақ, жиын барысында Талдықорған қалалық Аналар кеңесінің мүшесі, заң колледжінің арнайы пәндер кафедрасының меңгерушісі Ләззат Бердікожаева Жолдауды жүзеге асыру жайында баяндама жасады. Жастардың бойына патриотизм мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру тақырыбына облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық, демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының мүшесі Ләззат Еркінбаева тоқталып өтті. Сондай-ақ, тақырып аясында облысымыздың Құрметті азаматы Күләш Оразбекова, Жамбыл облыстық аналар кеңесінің төрайымы Мухаббат Меражапова, Шығыс Қазақстан облыстық аналар кеңесінің төрайымы Марина Дәулетбекова, өңіріміздегі аналар кеңесінің мүшесі Забира Сайдильдина сөз сейлеп, Жолдауға қолдау көрсетті.

Тіл сарайында бастау алған семинар Достық үйінде жалғасын тауып, облыстық аналар кеңесінің жұмыс тәжірибесі өзге облыстарға үлгі ретінде ұсынылды. Облыстық аналар кеңесінің төрайымы Несіпжамал Баймадиева қонақтарға өңіріміздегі аналар кеңесінің көрмесін көрсетіп, этномәдени орталықтардың жұмысымен таныстырды. Педагогика, психология, философия, дін ғылымдарының докторы, профессор-академик Күләш Оразбекова жайында арнайы бейнеролик көрсетіліп, соңынан Күләш Айтмолдақызы «Мәңгілік Ел – отбасының ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады. Аудандық аналар кеңесінің төрайымдары сөз алып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриотизмге, ұрпақтар сабақтастығын дамытуға жүйелі жұмыс жүргізу керектігін тілге тиек етті. Шара шымылдығы өскелең ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған сахналық қойылыммен жабылып, жастар – болашақтың тірегі, келешектің тіреуі екендігі ұғындырылды.



ӨРКЕНДІ ӨРЛЕУ ТЕТІГІ

КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ



Қайрат АХМЕТАЕВ, Қапшағай қаласы мәслихатының хатшысы.

Елбасының әр Жолдауы, Үндеуі, жаңа бағдарламалары әлемде болып жатқан өзгерістерге қатысты жарияланып отырады. Бұл жолғы Үндеу де өзгеріп жатқан әлемге деген жаңа көзқарасты білдіреді. Сонымен бірге қоғамды мазалап жүрген көптеген сұраққа да жауап берді деп ойлаймын.

Сол себепті оны ел дамуындағы саяси маңызы бар парасатты қадам деп айтуға болады. Үндеуде айтылған өзгерістер елдегі демократиялық үрдістің жалғасын тапқандығын көрсетеді. Сондай-ақ, Үкімет пен Парламенттің тепе-теңдігін қамтамасыз етіп, олардың жұмысының кәсібилігін, елдің саяси экономикалық дамуындағы жауапкершілігін арттыруда тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Бұл реформалардың халықтық талқыға салынуы негізінен биліктің ашықтық принципін, әрбір бастаманы халықпен бірлесе талқылауға дайын екендігін көрсетеді. Жалпы, елде жасалып жатқан өзгерістердің бәрі мемлекеттің болашағына арналған игі қадамдар. Жаңару мен жаңғырудың даңғыл жолына түскен Қазақстан аз уақыттың ішінде бүкіл әлемге қуатты, дамыған ел ретінде танылып үлгерді.

Сондай ақ, дүние жүзі бойынша бейбітшіл, ынтымағы жарасқан, іргесі берік мемлекет атанды. Бұл Елбасының көреген саясатының арқасында қол жеткен жетістік. Бір сөзбен айтқанда Мемлекет басшысының бұл жолғы Үндеуі де көңілден шықты. Енді біз Президенттің бұл тарихи шешімінің нәтижелі жүзеге асуына біркісідей атсалысатын боламыз.

БРИФИНГ

Облыстық коммуникациялар қызметінде ҚР Ауылшаруашылық министрлігі өкілдерінің қатысуымен арнайы брифинг өтті. Онда Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы тапсырмаға сәйкес ауылшаруашылығы кооперативтерін құру және кооперацияларды мемлекеттік қолдаудың жаңа тетіктері түсіндірілді.

ТИІМДІЛІГІ МОЛ БАСТАМА

Кездесуде Ауылшаруашылық министрлігінің бас сарапшысы Ерлан Ілиясов, «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамының облыстық филиалы директорының орынбасары Ермек Қансейітов, экономика ғылымының докторы, профессор Үкляй Керімова, облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Саят Сақмолдин сияқты сала мамандары сарапты ойларын айтты. Жолдаудың салмақтылығын жеткізді.

Ерлан Теміржанұлының айтуынша, түсіндіру жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізу үшін министрлік тарапынан АШМ қызметкерлері мен ғылыми ұйымдар өкілдерінен сарапшылар тобы құрылған. Мұндағы басты міндет – әрбір ауыл азаматын ауылшаруашылығы кооперациялары негіздері бойынша ақпараттандырып, олардың нақты іске жұмылуын ынталандыру.

– Бұл бастаманың бізге берері мол. Өйткені мұнда көптеген тиімділік қарастырылған. Мәселен, сіз, АШК құруға атсалыссаңыз, ең бірінші – кооперативке кіру және шығу еркіндігі өзіңізде болмақ. Екіншіден, өндірілген өнімді тиімді өткізіп қана қоймай, мемлекеттік қолдауға қолжетімділік көбейеді. Ал үшінші, тиімді тұсына келсек, жеңілдетілген несие алу және кепілсіз қажетті жабдықтарды сатып алу мүмкіндігі туады, – дейді Ерлан Теміржанұлы.

Бұдан бөлек, мүшелер арасындағы пайданы тең бөлісу, шешімдер қабылдау кезіндегі тепе-теңдік, өнімді сақтауды және қайта өңдеуді бірлесіп ұйымдастыру сынды перспективті тиімділіктер де атап өтілді.

Сондай-ақ, брифинг барысында осы мақсаттың аясында 8800 080 8010 Call-орталығының ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсететіні де айтылды. Аталған нөмір арқылы ел азаматтары кооперация бойынша өз сауалдарын қойып, қажетті жауаптарын ала алады. Барлық бағыттарға қоңырау шалу тегін.

Қ. ӘБДІҒАПАР.

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ

КӨПТІҢ ҮМІТІ АҚТАЛАДЫ

Өткен жылы Ақсу ауданы бойынша 1552 гектар қант қызылшасы себіліп, оның 1360 гектары өнім берген. Жыл соңында мұның 1021,5 гектары толығымен жиналып, 30067 тонна өнім «Көксу қант зауыты» ЖШС-ға өткізілсе, қалған 339 гектар жерден алынған өнім ұсақ болғандықтан мал азығына жұмсалыпты. Аудан бойынша «Алихан», «Квитко», «Дармен», «Дәулет-Б», «Нұржан» шаруа қожалықтары жақсы өнім алса, Ойтоған, Арасан, Қаракөз ауылдық округтері тапсырманы 7-8 пайызға ғана орындаған. Ал Суықсай, Қапал ауылдық округтері қызылша себу жоспарын мүлде орындамаған. Нәтижесінде, жоспарланған 45 мың тоннаның тек 30067 мың тоннасы жиналып, жоспар 68 пайызды құрап отыр.

Жетісу
Қажет АНДАС

Ақсулықтардың қант қызылшасының жоспарын орындай алмағандығының бірқатар себебі бар екен. Ең алдымен «Қызылағаш» су қоймасының іске қосылмауы қант қызылшасы мол егілетін алқаптардағы өнімділікті төмендетіп отырған көрінеді. Яғни, судың тапшылығынан қызылшаны мол өсіретін қызылағаштықтар өнім берекелігін көбейте алмай келеді. Екіншіден, қант қызылшасын жеткізетін Көксу қант зауытына дейінгі жолдың шалғайлығы ақсулықтардың адымын аштырмай отыр. Ақсудан 120 – 150 шақырым жолды басып Көксуға жететін көліктер көп уақыт жоғалтады. Бұл өз кезегінде алқаптағы өнімді ертерек жинап бітіруге кедергі келтіреді. Сонымен, ерте күзден қызылша жинау науқанын бастағанымен жаңбырлы күз айы мен ерте түскен қыс еңбекті қасат қардың астына көміп тастаған сыңайлы. Үшіншіден, техниканың жеткіліксіздігі де Кеңес кезінде атағы қант қызылшасымен шыққан ақсулықтардың үмітін үкілей алмай тұр. Тек ауданда өткен жылы құрылған «Бәйтерек» кооперативін айтпағанның өзінде, дені түзу техникасы бар шаруашылықтар саусақпен санарлық қана. Ал қызылша таситын көліктер де жеткіліксіз. 4-5 тонна қызылша сиятын тракторлармен алыстағы зауытқа тасымалдау жұмысын жүргізу шаруаларды шаш етектен шығынға батырады. Осындай салмақты себептерді саралай келген де, ақсулықтар «Қызылағаш» су қоймасын іске қосып, Ақсу қант зауытын қайта жүргізу керектігін алға тартты.

Өткен жылы Ақсу ауданына арнайы жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Амандық Баталов бұған дейін банкте кепілде тұрған зауыттың «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ҰК» АҚ-ның иелігіне өткенін айтқан еді. Олар белгіленген жоспарға сәйкес, арнайы мамандар мен сарапшылар шақырып, бірнеше мәрте ғимараттың техникалық жағдайын, бас корпусын, ЖЭС-тің техникалық құрылғылары мен механизмдерін сараптаудан өткізген. Тіпті, банктің қарызын 3 жылға бөліп төлеу туралы келісімшартқа қол қойыпты. Өндірісті іске қосуға кететін шығындарды да есептеп қойды.

Бір айта кетерлігі, зауыт жұмысын тоқтатқанымен зауытқа жаны ашитын адамдар ондағы құрылғыларды сақтап қалуға бар күшін жұмсаған. Сондықтан мұндағы қондырғылар тозып, сыры кетіп, сыйқы бүлінгенмен тоналмаған. Осы зауытта бар өмірін өткізген және оны көзінің қарашығындай қорғап келген Владимир Юшков: «Зауыт ғимаратының сүйегі мықты, әлі де 120 жылға шыдас береді. Тіпті, мұндағы қондырғылардың көбі әлі де жұмысқа жарамды. Тек күрделі жөндеу жұмыстарына тездеп кірісіп, жоспарға сай іс атқарылса, зауытты тез арада ретке келтіруге болады», – деп сенім танытып отыр. Біз зауытты аралап көрдік. Зауыттың өндірістік бөлігі мен оған энергия беретін жылуэлектр орталығы да көп бүлінбеген.

«Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК» АҚ-мен хабарласып, қазірдің өзінде Ақсу қант зауытына инвестиция салуға отандық және шетелдік үш инвестордың ниет танытып отырғанын білдік. Олар зауытты іске қосуға кететін шығынды есептепті. Облыс әкімінің нақты тапсырмасы бойынша биыл Ақсу қант зауыты іске қосылады деп сендірді. Алайда, зауыт толыққанды жұмыс істеу үшін шикізат қажетті деңгейде болуы керек. Сондықтан ақсулықтар биыл кем дегенде 1600 гектар қызылша сеуіп, 52800 тонна қант қызылшасын өндіру керек. Ол үшін жанар-жағармайға, тұқымға сұраныс жасап, техниканы дайындап, дақылды уақытында себу керек. Осыған орай, аудан орталығында сервистік дайындау орталығы ашылып, 220 млн. теңгеге техника алыныпты. Алдағы уақытта аудандық ауылшаруашылық бөлімі екі сервистік орталық ашуды жоспарлап отыр.

Ақсу ауданы.



Әлем тынысы

ТҮРКІМЕНСТАН ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАНДЫ



Гурбангулы Бердімұхамедов Түркіменстан президенті болып үшінші рет сайланды.

Алдын ала мәлімет бойынша, оған сайлаушылардың 97,69%-ы қолдап дауыс берген. Президенттікке 8 үміткер өз кандидатурасын ұсынды. Жалпы, биыл сайлауға келіп, өз таңдауын жасағандардың қарасы қалың. Сайлаушылардың 92,7%-ы қатысқан. Айта кетейік, 2016 жылдың 14 қыркүйегінде бекітілген жаңа заң бойынша Түркіменстан президенті 7 жыл мерзімге сайланады.

РОБОТТАР ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТПЕК



Оңтүстік Кореяда 2018 жылы ақпанның 9-ымен 25-і аралығында өтетін алдағы Қысқы Олимпиадада 29 тілде сөйлейтін аудармашы роботтар қызмет көрсетеді.

Ерекше құлтемірлерді оңтүстіккореялық кеңселік бағдарламаларды қамтамасыз етумен айналысатын «Hancom Group» және «Future Robot» компаниялары құрастырып жатыр. Өндірушілердің айтуынша, сандық аудармашылар әртүрлі елден келген меймандардың тілдесуіне жәрдемдеседі. Жасанды ой-өрісі бар роботтар 29 тілде сөйлейтін және дауыстарды ажырата алатын GenieTalk бағдарламасы арқылы жұмыс істейді. Бұдан басқа «темір» гидтер адамның бет қимылын да жасай алады.

ЖУРНАЛИСТ РЕКОРД ЖАСАДЫ

Ливан мемлекеттік телеарнасындағы тележүргізуші Далиа Фрейфир Гиннестің рекордтар кітабына кірді.

Télé Liban

Ол бір тәулік бойы ток-шоуды үзбей жүргізіп, тікелей эфирде 40 музыкант, әртіс, жазушы, суретшілермен сұхбаттасқан. Оның бағдарламасына жалпы саны 91 адам қатысқан. Бір ерекшелігі – ол өз қонақтарын көрмей бағдарлама жүргізді. Өйткені ол 18 жасында жол апаты кесірінен көру қабілетінің айырылған. Алайда қиын жағдай оның өз арманына қол жеткізуіне кедергі келтірмеді. Басында "Изаат Любнан" радиосында жұмыс істеп, кейін ұлттық телеарнаға ауысты. Рекордтың тіркелгені туралы куәлікті алғаннан кейін Далиа үкімет пен қоғамды көз жанарынан айырылған жандарға назар аударуға шақырды.

САУСАҚ ТАҢБАСЫН ҚАЛДЫРАДЫ



Қытайға баратын кез келген шетелдік саусақ таңбасын тапсыруға міндеттелді.

Жаңа ережені Мемлекеттік кеңес бекіткеннен кейін қоғамдық қауіпсіздік министрлігі қабылдаған. Өзге елдерден Қытайға келетін 14-70 жас аралығындағы барлық азамат бұл талапты орындауы тиіс. Тек дипломатиялық төлқұжатпен келушілер, ресми делегация мүшелері, мемлекеттік қызметкерлер ғана бұл ережеге бағынбайды. Сондай-ақ, қос тараптың келісімі жағдайындағы ерекше кездесулерде де бұл ереже алынып тастауы мүмкін.

Саусақ таңбасын қабылдайтын алғашқы бекет Шэньчжэнь қаласындағы әуежайда ашылады. Ал сосын аталмыш шара ел аумағындағы барлық орындарға енгізіледі.

ДЕЛЬФИНДЕРГЕ ҚАУІП ТӨНУДЕ



Жаңа Зеландияда тағы 200 дельфин жағаға шығып қалды.

Бұл жақында ғана 300 дельфин өліп қалған жағалаудан 11 шақырым жерде болған. Аманда Харви, табиғатты қорғау департаментінің өкілі: – Су деңгейі жоғарылап, бізге оңтайлы мүмкіндік туып тұр. Осы сәтті пайдаланып, дельфиндерді суға жіберуіміз керек. Оған дейін өліп қалмауы үшін қолымыздан келгенді жасап жатырмыз, – дейді маман. Қазір еріктілер су жануарларын құтқаруға қам-қарекет жасап жатыр. Нәтижесінде 100-ге жуық дельфинді теңізге қайта жіберді. Мамандар олардың неліктен жағаға шығып қалып жатқанын дөп басып айта алмайды.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 24 (18300)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 28 ақпан, 2017 жыл

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Құрметті нұротандықтар!

Барша нұротандықтарды мерейлі мереке – партияның құрылуының 18 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – кезекті тарихи меже ғана емес, Тәуелсіз Қазақстан жылнамасының маңызды белесі. «Нұр Отан» партиясы жауапты саяси күш ретінде барлық қиындықтар мен сынақтарды халықпен бірге бөлісіп, әрқашан еліміз үшін күрделі әрі өмірлік маңызы бар шешімдер қабылдады және олардың орындалуына әрдайым қол жеткізіп отырды.

«Нұр Отан» Елбасының саяси жасағы ретінде, биліктегі партия ретінде бүкіл жауапкершілік салмағын сезіне отырып, өскелең ұрпақты ұлтжанды болуға шақырады.

Тәуелсіздік жылдарында қоғамымыздың барша қазақстандықтарды біріктіретін және елдің баянды болашағына берік іргетас қалайтын басты құндылықтары қалыптасты. Олар «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының негізіне айналып, «Нұр Отан» партиясының жаңа Саяси доктринасында бекітілді. Партия мен оның барлық жақтастарының күш-жігері оларды әрі қарай нығайтуға бағытталуға тиіс.

«Нұр Отан» әрдайым халықтың сенімі мен мүддесінен шыға білетін, елдегі саяси тұрақтылық пен тыныштықтың қырағы сақшысы болатынына сенімдімін.

Бүгін барша нұротандықтарға партияның қалыптасуына, оның Отанымыздың өркендеуі жолындағы жұмысына қосқан үлестері үшін шынайы алғысымды білдіремін!

Мерекелеріңіз құтты болсын, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін!

Амандық БАТАЛОВ,
облыс әкімі,
«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы.



Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары және қонақтары!

2017 жылғы 2–7 наурыз күндері аралығында Талдықорған қаласында жоғарғы лигадағы «Б» тобында волейболдан ерлер командалары арасында Қазақстан Республикасының XXV чемпионатының IV тур ойындарын тамашалауға шақырамыз.

Жарыс 2–7 наурыз күндері, күнделікті сағат 14.00-ден бастап «Жастар» спорт сарайында өтеді.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

ЕРТЕҢ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Еліміз Алғыс айту күнін былтыр тұңғыш рет атап өтті. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялаған болатын.



«Мәңгілік Ел» бірлігін ортақ тарих және тарихи сана негізінде нығайту мен дамытуға орай қазақстандық құндылыққа негізделген Алғыс айту күні – ең алдымен еліміздегі тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барша қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына тағзым белгісі. Қазақ халқы қиынқыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Күрделі заманда иық тіресе еңбек етіп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтары бір-біріне құрмет білдіретін сәт бұл. Алғыс айту күні туралы Президент: *«Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этностардың бір-біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді»*, – деген болатын.

Осы күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болады. Алғыс айту күні – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейірімділік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.

Алғыс айту күні қазақстандық патриотизмнің, достық пен бірліктің, мәдени сан алуандығымыздың жарқын күні есептеледі. Себебі Елбасы 100-ден аса этностың әрқайсысы өзінің қайталанбас өрнегін салуының нәтижесінде біздің біртұтас ұлтымыз бірегей азаматтық қағидаға негізделген қазақстандық бірегейлікті дамыту арқылы халықтың бірлігін нығайту.

Дана халқымыз қиын-қыстау заманның ауыртпалығын жұмыла еңсеріп, бүгінгі таңда ортақ Отанымыз Қазақстанда тату-тәтті өмір сүруде. Сондықтан, Алғыс айту күні – ең алдымен, еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін, біздің ортақ тарихымызды қастерлейтін өзара көмек және қолдау көрсету күні.

Ертең Алғыс айту күні екінші рет аталып өтіледі. Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы, облыстық басқармалар, департамент басшылары этномәдени бірлестіктер өкілдерін, жастар ұйымдарын және азаматтық қоғам институттарын қайырымдылық, әлеуметтік ынтымақпен өзара көмек дәстүрлерін жалғастыруға бағытталған мерекелік іс-шаралар ұйымдастырады.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,
Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі.

(2-бетке назар аударыңыз).

МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ

СЕЛЕКТОР

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ МІНДЕТТЕЛЕДІ

Облыстық денсаулық сақтау басқармасында селекторлық кеңес өтті. ҚР Денсаулық сақтау министірлігінің жауапты хатшысы Болат Төкежановтың төрағалығымен өткен жиында бір ғана мәселе қозғалды. Ол – бүгінгі таңда басты тақырыптың біріне айналған міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыруды халыққа кеңінен таныстырып, тұрақты енгізу.

Айдар ҚАЛИЕВ

Болат Тұрғанұлы Үкімет деңгейінде бекітілген қызмет жоспарын талқылап, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауындағы медициналық сақтандыру мәселесі жайында әңгіме қозғады. Сонымен қатар, барлық облыстың денсаулық басқармасының басшыларына сақтандыру мәселесін қолға алып, тұрғындарды кеңінен ақпараттандырып, нақты жұмыс істеуді тапсырды.

Жауапты хатшы селекторлық жиында медициналық сақтандыру туралы ақпараттың аздығына тоқталып, жаңартылған бейнероликтер, буклеттер мен анықтамалар теміржол вокзалында, әуежай және мемлекеттік мекемелерде көрсетілуі тиіс деп түйіндеп өтті. Бүгінгі таңда медициналық-сақтандыру бойынша 13 мың адамды қамтитын 228 ақпараттық кездесу өткізілген. Бұл мәселеде Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл облыстары қарқынды жұмыс атқарып отыр. Сонымен қатар, Болат Төкежанов 1 шілдеден бастап міндетті медициналық сақтандыру халықаралық тәжірибеде енгізілетінін айтты. Сөйтіп, әлеуметтік аз қамтылған, қорғансыз азаматтардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалмақ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Жақында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс XX конференциясы өтті.

ОРТАҚ ШЕШІМ НЕГІЗІНДЕ

Конференцияның күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясынан облыстық мәслихат депутатығына кандидат ұсыну мәселесі қаралды. Оған делегат ретінде облыс әкімінің орынбасары, аудан, қала әкімдері, аудандық, қалалық мәслихат хатшылары, облыстық саяси кеңес мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, аумақтық партия филиалдары төрағаларының бірінші орынбасарлары қатысты.

– Әкімдердің жауапкершілігі үкіметтен болса, мәслихат депутаттары – халық атынан. Бұл дегеніміз ел алдында билік пен халықтың ортақ жауапты ісі деп түсінемін. Кезінде құрылыста, бизнесте шыңдалған, Ескелді би және Қаратал аудандарында ұзақ жылдары әкім міндетін, кейінгі кезде облыс әкімдігінде аппарат басшысы қызметін абыроймен атқарған. Жоғары кәсіпқой маман, білікті басшы, жетісулықтардың зерделі, аса қадірлі перзенті ретінде танымал. Қандай жұмыс тапсырылса да өзіне тән жоғары жауапкершілікпен атқаратынына сенімдімін. Сондықтан ардагерлердің атынан облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Дүйсембінов Сұлтанды қолдауыңызды сұраймын, – деді өз сөзінде Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Шаяхметұлы.

Жарыссөзге шыққан Ескелді аудандық мәслихатының депутаты, аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Қ. Тастанбаев пен «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ж. Тенелбаев та кандидат жөніндегі жеке ойларын білдірді.

Жиында қабылданған қаулы негізінде «Нұр Отан» партиясынан облыстық мәслихат депутаттығына бірауыздан Қарасай аудандық №15 Райымбек сайлау округі бойынша Дүйсембінов Сұлтан Мырзабекұлының кандидатурасы ұсынылды.

М. СЕРІККЫЗЫ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚОҚЫСТЫ СЫРТҚА ШЫҒАРАДЫ

Іле ауданындағы «Бастау и К–2008» ЖШС мемлекеттік қолдаудың арқасында қалдықтарды жинау және шығару істерін жандандыруда. Олардың қызмет көрсету нарығында жұмыс істеп келе жатқандарына тоғыз жыл болған. Штаттарында отыздан аса адам бар.

– Облыс халқы өсу үстінде. Оның ішінде Іле ауданы да бар. Құрылыс істері де қарқын алып келеді. Қазір тұрғындар өз үйлерінің ауласын, көшелерін, саябақтар мен демалыс аймақтарының тазалығын қамтамасыз етуге ерекше мән беруде. Десек те, олардың қоқыс шығаруға мүмкіндіктері жете бермейді. Сол себепті біздің компания бұл мәселе бойынша тапсырыс берушілердің кез келген сұранысын орындауға әзір. Мұндай жұмыстарды жүзеге асыруға мемлекеттік қолдаудың арқасында қол жеткіздік, – дейді аталмыш компания басшысы Индира Теналиева.

Серіктестік он қоқыс тасығыш пен үш жүз контейнер алуға 69 миллион теңге көлемінде қаржы алды. Оның 14 пайызының 10 пайызын субсидиялау бағыты бойынша мемелекет өтейді. Бұдан басқа «Даму» қоры 29 млн. теңгенің кепілдігін берді. Қазіргі кезде компанияның жаңа жобасында арнайы техникаға қызмет көрсету бойынша өндірістік база ашу, автожуу, ТҚС және қоқысты өңдеу бар. Компания басшысы, сондай-ақ, Назарбаев университетіне «Шағын және орта бизнес топ менеджментін оқыту» бойынша өтініш берген.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

Облысқа арнайы іссапармен келген ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Марат НҰРХОЖИН Талдықорған қаласындағы бірқатар өндіріс орнында болды. Ондағы жұмысшыларға Елбасы Жолдауының маңызды тұстарын түсіндіріп, жұмыла жұмыс істеп, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу үшін белсене еңбек етуге шақырды.

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС МОЛ

Вице-министр алдымен қаламыздағы «Азия-электрик» АҚ-ның өндірістік цехында жұмысшылармен кездесті. Жиырма бес жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан өндіріс орнында экономиканың әр саласына қажетті кабельдер шығарылады. Мұнда 250-ге жуық адам жұмыс істейді. Олардың еселі еңбегінің арқасында өнім көлемі жыл санап артып, өндіріс өркендеп келеді. Өткен жылы 4 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Астаналық қонақ кездесу барысында өндірілген өнімнің еліміз бойынша сұранысқа ие екендігін атап өтіп, алдағы уақытта да осы қарқыннан жаңылмай еңбек етуге шақырды.

– Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын жұртқа түсіндіру мақсатында еліміздің барлық аймағын аралап жүрміз. Бүгінде елімізде өндірілетін отандық өнімдерге деген сұраныстың арта түскені байқалады. Соның бір айқын көрінісін осы кабель өндіретін зауыттың тыныс-тіршілігінен көруге болады. Өйткені бұл өндіріс орны тек Жетісу өлкесін емес, бүкіл елімізді қажетті өніммен қамтамасыз етуге қауқарлы, – дейді ол.

Вице-министр келесі кезекте «Қайнар-АКБ» ЖШС-ін аралап, елімізге белгілі зауыттың қуаттылығын көрді. «Қайнар-АКБ» ЖШС өткен жылы 1 миллион 700 мың аккумулятор батареясын өндіріп, рекордтық өнім шығарды. Кәсіпорынның мұндай көлемге жетуіне зауыт өніміне басқа елдерден сұраныстың артқандығы себеп болыпты. Бүгінде еуропалық, ресейлік және жапондық стандарттармен жұмыс жүргізетін кәсіпорын өнімінің 70%-ы шетелге экспортталып жатыр.

Қажет АНДАС

– 1975 жылы алғаш өнім берген өндіріс ошағында қазір аккумулятордың 52 түрі өндірілуде. 2007-2008 жылдары негізгі өндірістік жүйелер мен коммуникациялар және барлық цехтар толық жаңғыртудан өтті. Зауыттың сапалы өнімі бұрындары ТМД елдері мен көршілес Ресей және Украинаға экспортталып келсе, ендігі уақытта Германия, Иран, Моңғолия және Біріккен Араб Әмірлігі сияқты шет мемлекеттерге сатылуда. Сондықтан үлкен нарықта ұтылмау үшін маркетинг стратегиясын қолданып, тауар имиджін жақсартуға күш салудамыз, – деп таныстырды «Қайнар-АКБ» аккумулятор зауыты директорының орынбасары Есет Қанаев.

Өткен жылдың желтоқсанында «Қайнар-АКБ» Африка құрлығына «BARS Asia» батареяларының алғашқы партиясын жеткізіп, жаңа жылдан бері Бенин Республикасындағы дүкендер желісі бар серіктес арқылы сатылымға шығарды. Айта кетерлігі, былтыр 6 желтоқсанда Астана қаласында Елбасының қатысуымен индустрияландыру күніне орай өткен салтанатты шарада «Қайнар-АКБ» ЖШС «Ұлы Дала елі» брендімен марапатталды. Бұл бренд Қазақстандағы ең үздік экспорттаушы компанияға беріледі. Осыдан былай отандық тауар өндірушілер «Ұлы Дала елі» атауымен бірігіп, әлем нарығына өз қолтаңбасын қалдыруға тырыспақ. Осы көштің басында қайнарлықтардың тұрғаны жетісулық кәсіпкерлерді ынталандыра түсті. Жергілікті өндіріс осы жылы аккумулятор санын 2 миллионнан асыруды жоспарлап қойған.

Қос нысандағы жетістіктерге Марат Рахмалыұлы жоғары бағасын беріп, алдағы уақытта да ел болашағы үшін аянбай еңбек етудің қажеттігін алға тартты.

ЖЕТІСУ- ақпарат

Келелі кеңес

Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің мәжіліс залында Талдықорған гарнизонының әскери басқару және қылмыстық құдалау органдары ведомствоаралық кеңесінің отырысы өтті.

Жиында Талдықорған, Үшарал және Үштөбе гарнизондарының қадағалаудағы әскери бөлімдері мен мекемелерінде, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскери құрылымдарында құқық-бұзушылықтар профилактикасының 2016 – 2018 жылдарға арналған бағдарламасының орындалу барысы баяндалды. Сондай-ақ, Талдықорған, Үшарал гарнизондарының үшінші әскери бөлімінің және 5514 әскери бөлімінің әскери полиция қызметінің қорытындысы да айтылды.

Талдықорған гарнизоны әскери прокурорының орынбасары, әділет подполковнигі А. Рүстембеков, әскери полиция бөлімдерінің бастықтары подполковник Қ. Жүнісбеков, майор Ж. Мамырбаев, М. Имрамзиев, М. Иманбеков мінбеге шығып баяндама жасады. Ал 18404, 21751, 48386 және 54380 әскери бөлімдерінің командирлері полковник Ж.Жұмашев, подполковник Ж.Ермұханов, Т.Құсайынов, Ш. Саржігітов атқарылған жұмыстар жайында есеп берді.

Басқосудың соңында келешек жоспар талқыланып, нақты тапсырмалар сараланды.

Емдеу кешенін ашты

Жеке кәсіпкер Әнел Көксалова былтыр мемлекеттік қолдаудың арқасында Іле ауданы, Боралдай ауылында геотермалды су негізінде емдеу кешенін ашты. Кәсіпкер бұл істі жүзеге асыру үшін қонақүй кешенін салып, онда ашық бассейн мен су процедураларын қабылдайтын жеті ванна орнатты.

Нәтижесі жаман емес. Бүгінде аталмыш демалыс аймағы Алматы қаласы мен облыс тұрғындарының үлкен қызығушылығын тудыруда. Өйткені бұл жерде денсаулықты нығайтып, алаңсыз демалуға қажет жағдайдың бәрі қарастырылған. Сумен емдеу тәсілі атеросклерозға, қабыну аурулары мен перифериялық және орталық жүйке жүйесіне көмектеседі. Сондай-ақ, неврит, ишалгия, бел-сегізкөз ауруына, радикулитке де оң әсерін тигізеді.

– Біз демалушылардың денсаулығын нығайту үшін барлық жағдайды жасауға тырысамыз. Сол себепті олар бізге мұндай керемет сәттерді ешқашан ұмытпайтындықтарын айтып, алғыстарын білдіруде. «Даму» қорының арқасында қаржылық қолдауға ие болдық. Нәтижесінде біздің компания дамып, тәжірибе жинақтауда. Жақында Астанадағы «Топ-менеджмент» оқытуға өтінім бердік, – деді Әнел Қапалқызы.

Жеке кәсіпкер, сондай-ақ, «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Kassa Nova» банктен 14 пайызбен несие алды. Оның 10 пайызын мемлекет төлейді. Кәсіпкер «Даму» қорының кепілдемесіне де қол жеткізді.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

МЫҢ ТАҒЗЫМ САҒАН, АҒАЙЫН!

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ **1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ**



Дарья ЯРАПОЛОВА, облыстық болгар этномәдени бірлестігінің төрайымы.

РИЯСЫЗ КӨҢІЛМЕН

Ризашылық – адамдардың жүректеріндегі мейірімді ғана емес, қоршаған ортаның қуанышын арттырады. Риза болғанға ризашылық танытылады. Егер біреу қолыңызды шынайы түрде қысып, құшағын ашып риясыз ризашылық білдірсе қуаныңыз. Ондайда жүрегіңіз мейірімге толып кеткенін байқайсыз. Осыдан соң көңіліңіз өз-өзінен жайланып, қуанышты сәтті еске жиі аласыз, тіпті, көпке дейін ұмыта алмай жүресіз.

Дәл осындай сезімді әрбір адам басынан өткергені анық. Өйткені, шынайы ризашылық танытқан шынайы қуанышқа кенеледі. Әсіресе, Қазақстандағы әрбір адам осындай сезімге жиі бөленеді. Өйткені әрбір адам өз Отанының тарихындағы ақтаңдақтарды, мәжбүрлеп көшіру жылдарында ата-бабаларымыз қаншама жасын төккенін жақсы біледі.

XX ғасырдың басында Ресейден Қазақстанға, оның алдында Болгариядан Ресейге күшпен көшірілген дәл сондай отбасының бірі менің аталарым еді. Атамның ата-анасы сынық арбамен ұзақ жолды еңсеріп, жаңа мекенде жаңаша өмір күтіп тұрғанына сеніммен аттанады. Алайда олар ешқандай да жақсылық көрмей бақилық болады. Алдымен атамның анасы көз жұмады, оның артынан әкесі аттанады. Сөйтіп, менің атам мен бауырлары балалар үйіне түседі.

Бұл оқиғаның тарихы туралы айтардың алдында нені қайталап едім?! Ризашылық туралы. Менің атамды балалар үйінен алып, өз баласындай бағып-қағып өсірген, бар мейірімін төккен қазақ отбасына деген ризашылықты айтқым келген-ді. Сөйткен атам қазақ халқының адал ұлы ретінде ержетіп, Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысады. Үйленіп, үш ұлды болады. Әрқашанда өзінің қастерлі әкесі Ақылбай мен аяулы анасы Гүлшатқа ризашылығын жасырмай айтып өтті.

Меніңше, осынау ризашылық сезімі қан арқылы берілетін секілді. Мен де атамды туған ұлдарындай көрген қазақ халқына ризашылығымды айтқым келеді. Өйткені атамыздың амандығы бүгінгі біздердің бейбіт өмірімізге жалғасты. Соның арқасында біз тыныштықта өмір сүріп, адал еңбек ете аламыз және ең бастысы тұлымшағы желбіреген қызғалдақтай қызымның тыныш ұйқысына еш алаңдамаймыз.

Қазақтарға қарыздармыз

Мен Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ даналығына, көрегендігіне, ұлттық саясатты дұрыс ұстануына ризашылығымды білдіргім келеді. Елбасымыздың сарабдал саясатының арқасында қасиетті жерде бейбітшіліктің, достықтың және ұлтаралық келісімнің туы желбіреуде.



Асед ИБРАГИМОВА, облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығы төрағасының орынбасары.

Бізге қиын-қыстау күндерде баспанасының төрін ұсынып, 1944 жылы 23 ақпанда Отанынан көшірілген ингуш ұлтына бүтін нанын бөліп, жарты нанын жарып берген қазақ халқына ризашылығымды білдіргім келеді. Көптеген отбасы қазақ халқының жанашырлығының арқасында тіршілікке араласты. Біздің ата-бабаларымыз бен әкелеріміз осындай адал достықты жоғары бағалап, ұрпаққа өнегелі істерді үйретті. Қазақ халқына талмас төзім мен шытынамас шыдам тілеймін. Біз татулықтың туын желбіреткен қазақтарға мәңгі қарыздармыз.

Мен жарық дүниеге әкелген, жанашыр, мейірімді, қайырымды, адалдықты ту етер, еңбекқор жан болып өсуіме, қазақстандық патриотизм рухын асқақтатуға тәрбие берген ата-анама және барша қонақжай қазақ халқына ризашылығымды білдіргім келеді. Өзіме берілген осындай мүмкіндікті пайдалана отырып, өлкеміздегі вайнахтардың жас ұрпағына: «Өз Отандарыңды, туған жерлеріңді сүйіңдер, оның ең басты байлығы – Қазақстан халқының достығын көздің қарашығындай сақтаңдар!» – деген өсиет айтамын.



Көптің ризашылығы

Жазым деген аяқ астынан. Өткен жылдың соңында жазатайым трактордың астына түсіп, оң аяғымды дөңгелек басып кетті. Құдай сақтап, тірі қалғаныма шүкірлік айтқаныммен ауыр соққыдан ет пен терінің арасына сарысу толып кеткен аяғым шаншып, жан таптырмады. Ауру шыдатпаған соң балаларым Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасына апарды. Күп болып ісіп кеткен аяғымды көрген дәрігерлер: «Оңайлықпен жазылмайды», – деп ауруханаға жатуым керектігін ескертті.

Сол сәттен бастап, йодты таңу, дәрі егу сияқты емдік шаралар ала бастадым. Жарақатымды көрген кезекші дәрігер: «Басқа жердің терісімен жаппаса болмайды», – дегені етімнен ет кесіп алатындай естілді. Соған келісіңкіремей жүргенім дұрыс болмапты. Жарақатым асқына берді. Ақыры хирург Құрмет Абзалұлы жарақатыма тері жапсыру отасын жасады. Жан қинаған отаны асқан шыдаммен жеңіп шықтым. Шыдамдылығымды көрген аға медбике Жансая Омарқызы бастаған медбикелер жандары қалмай: «Апа, халыңыз қалай?» – деп бәйек болып, жанашырлық танытты. Дәл Алғыс айту күніне орай қалалық көпсалалы аурухананың қалпына келтіру, ортохирургия бөлімінің меңгерушісі Анарбек Моңғолханұлына, осы бөлімнің дәрігерлері Ерік Жүнісовке, Құрмет Абзалұлына, Адай Қазбековке, Андрей Пакке, Мақсат Мейірбековке, медбикелері Жансая Қасеновaға, Айым Байгунусовaға, Аида Заманбековaға, Жеңісгүл Қанапияға, Элеанора Газиханға, Гүлмайра Есеновaға, санитарлар Кәмила Мамытова мен Талшын Мырзалиевaға аналық алғысымды айтамын. Қолдарың шипалы болсын, көптен рахмет ала беріңдер! Алла сендерге разы болсын! Бала-шағаларыңның қызығын көріңдер демекпін.

Ақ халатты абзал жандардың ыстық ықыласы мен аялы алақандарының арқасында ауруханадан шықтым. Жас пен кәріге, жалпы адамзаттың бәріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азаптанған науқасты айықтырған дәрігерлер қауымының мейірімі жаныңа дауа, тәніңе шипа екен. Сөздің тәттісімен, көзінің жылуымен науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құлшынысын арттырған дәрігер атаулының еңбегі ақ, халықтың алғыс-сауабына лайық.

Жамбы САРЫМОЛДАЕВА, Талдықорған қаласының тұрғыны.

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай Алғабас ауылдық округі кітапханасында «Алғыс айту – парызымыз» атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатын ашып, жүргізіп отырған кітапханашы Б. Шағатаева өз сөзінде былтыр 14 қаңтарда Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні – 1 наурызды Қазақстанда Алғыс айту күні деп жариялау туралы №173 Жарлыққа қол қойғанын айтып өтті. Сол арқылы елімізде қалыптасқан атаулы күннің маңыздылығын айтып өткен жүргізуші алғашқы сөзді Алғабас ауылының тұрғыны, «Балауса» балабақшасының тәрбиешісі, неміс қызы Мария Гильгенбергке берді.

Бір серпілтті

– Бұл көктем бұрынғы көктемнен өзгерек. Наурыздың алғашқы жұлдызы алғыспен айшықталды. Алғыс айту күні адамдар арасындағы татулық пен бірлікті одан әрі берік ететін орны бөлек мереке, – деген Мария Карлқызы бұл күннің маңыздылығына тоқталды. *– Алғыс айту күні – бұл біртұтас азаматтық қағидаттарына негізделген Қазақстан қоғамын дамыту арқылы ел бірлігін нығайтуға ықпал етеді. Алғыс айту күні еліміздің әр азаматының жүрегіне жақын әрі жарқын мерекелердің біріне айналады. Қуаныш пен шаттық сыйлай білген мереке көпшіліктің есінде ұзаққа қалары сөзсіз. Көктемнің алғашқы күнімен көкіректерге қуаныш пен шаттық сыйлайтын атаулы күнді елімізге даралап, бастап берген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа алғыс айтамыз.*

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Ыбырай Алтынсарин атындағы медальдің иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, еңбек ардагері Нұртай Қыдырәліұлына, ауылдың әкімшілік қызметкерлеріне, ауыл медбикелеріне, ардагер ұстаздарға рахмет айтқан Мария Гильгенберг өзі үшін осы кісілердің орны ерекше екенін айтып өтті.

Шара аясында «Алғыс білдіремін» атты кітап көрмесі оқырмандарға таныстырылды. Сондай-ақ, шараға қатысқан «Балауса» балабақшасының меңгерушісі Э. Тауханова, тәрбиешілер М. Гильгенберг пен М. Жексенбаева, әкімшілік пен Мәдениет үйінің қызметкерлері, кітапхана оқырмандары осындай ізгі шара ұйымдастырғандарға ризашылығын білдірді.

Кеш соңында Мәдениет үйінің музыка жетекшісі Қ. Төлебай Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы» әнін нақышына келтіре орындап берді.

Венера ҚОНЫСБАЕВА, кітапханашы.

ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРДІМ

Қазақстан – әлемнің көптеген елдерінде өмір сүріп жатқан барша қазақ баласының үлкен мақтанышы. Бүгінде дүниенің әр тарапынан қасиетті жерге көшіп келіп, Қазақстан азаматы атанған қазақ баласы аз емес. Солардың бірі – туған әпкем Гүлбану Сағатбайқызы. Қазір Текелі қаласында тұратын туысымды көріп қайту үшін ақпан айының басында Шәуешек қаласынан шығып, Бақты шекара бекеті арқылы Қазақстанға өттім. Екі күндік жолдың ауырлығын әбден сезіндім.

Оның үстіне жолға шыққаннан бүйірім шаншып ауыра бастаған еді. Жол бойы мазам кетті. Бұрын асқазаныма ота жасалған болатын, бастапқыда соның салдары ма деп ойладым. Текеліге келген соң жергілікті ауруханаға қаралдым. Бойымды тәптіштей тексерген дәрігерлер тездетіп, облыстық ауруханаға баруымды тапсырып, аурудың себебін анықтау керектігін ескертті. Ертесі күні тіпті жүруден қалдым. Жиендерім облыстық ауруханаға алып келді. Ондағы дәрігерлер жағдайымды көрген соң дереу ауруханаға жатқызып, тексерді. Айтуларына қарағанда соқырішек іштен жарылып кеткен, ота жасау керек. Тосын науқасты естігенде қатты қиналып, талып қалыппын. Есімді жисам төсекте жатыр екенмін, жеңілдеп қалғаным сезіледі.

Тексеруге келген кезекші дәрігер енді жарты сағатқа кешіккенімде құтқарып қалудың мүмкін болмайтынын айтты. Іште жарылып кеткендіктен, соқыр ішекті алып тастаған соң ішкі ағзаларды да тұтастай тазалауға тура келген. Сонымен қалалық ауруханада 12 күн жатып, ауруымнан құлан-таза сауығып шықтым. Мен өзге елдің азаматымын. Осындай шұғыл жағдайда кім екенімді, қайдан келгенімді емес, алдымен асқынып тұрған ауруды емдеп жазған қазақстандық дәрігерлерге алғысым шексіз.

Қазақстанда көктемнің алғашқы күн – Алғыс айту күні екен. Алғысты ізгі іске, мейірім, шапағатқа айтады емес пе?! Қазақта: «Аман қалған жан олжа», – дейтін аталы сөз бар еді. Кездейсоқ келген дерттің кесірінен аман алып қалған атажұрттағы, жер жаннаты Жетісудың бас қаласы, – Талдықорғандағы және Текелідегі ақ халатты абзал жандарға алғысым шексіз. Өзім елге қайтып бара жатсам да, атажұртқа деген сүйіспеншілік пен құрметімді осы алғысым арқылы жеткізгім келеді.

Рахмет, саған, Қазақстан!

Сейітқали САҒАТБАЙҰЛЫ, Шыңжаң өлкесі, Тарбағатай аймағы, Шағынтоғай ауданының тұрғыны. Қытай Халық Республикасы.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Инновациялар көрмесі

Елордада екі күн бойы 100-ден аса мемлекеттен келген 326 делегат халықаралық қатысушылардың үшінші жиналысында бас қосып, көрмеге дайындық жұмысын пысықтады. Шара аясында делегаттарға көрме жұмысының барлық бағыты бойынша ақпарат беріліп, аккредитация және басқару операцияларын жүргізу жұмыстары таныстырылды.

Қажет АНДАС

ЖАҢА ҚАЛАШЫҚ

Жиналысты Халықаралық көрмелер бюросының бас хатшысы Висенте Лоссерталес ашты. Ол өз сөзінде ЭКСПО – 2017 көрмесінің ұйымдастыру жұмыстары қарқынды өтіп жатқанын және көрменің жоғары деңгейде өтетініне сенім білдірді.

– Мен бұл көрмені ұйымдастырып жатқан барша азаматтарға өз ризашылығымды білдіремін. Олар көрмені ұйымдастыруға барлық жағынан үлкен жауапкершілікпен қараған. Біз қазір көрменің соңғы кезеңіндеміз. Біздің ортақ жұмысымыз үлкен жетістік әкеледі деген үміттемін – деді Лоссерталес.

"Астана ЭКСПО – 2017" ҰК" АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов қатысушыларға павильондарды тапсыру жұмысы жүріп жатқанын атап өтті.

Төрағаның айтуынша, көптеген мемлекет құрылыс-монтаждық жұмысын жүргізуге кірісіп кетіпті. Тіпті, көрме қатысушыларына ыңғайлы болу үшін әртүрлі бағыттағы операциялық жұмыстар қаралып, бірыңғай қызмет көрсету орталығы өз жұмысын бастапты. Онда визалық қолдау, салық, банктік, сақтандыру және басқа да мемлекеттік органдардың қызметтері жұмыс жасайды. "Аккредитация" ақпараттық жүйесі өз кезегінде, осы жұмыстардың өту уақытын үнемдеуге сеп болмақ. ЭКСПО аумағынан 1374 пәтерден құралған қалашық тұрғызылып, шетелдік қонақтарға қолайлы болу үшін 45 мемлекеттің визасыз режимі дайындалыпты.

Әсіресе, Ахметжан Есімов көрме қатысушылары мен қонақтарына арналған қатаң қауіпсіздік шараларын өткізуді талап ететінін делегаттардың назарына ұсына келіп:

– Біз Милан мен Шанхай көрмелері, Сочи мен Рио-де Жанейро қалаларында өткен Олимпиада ойындары жұмысының тәжірибесін қарастырдық. Осы тәжірибеден біз барлық қауіпсіздік шараларының жұмыстарын еске алдық. Бұл көрмеге қатысушылардың барлығына максималды түрде қауіпсіздік шаралары қолданылады деген сөз, – деп атап өтті.

ДАЙЫНДЫҚ МЫҒЫМ

Жиналыста Астана қаласының әкімі Әсет Исекешев бас қаланың туристерді қабылдауға дайын екендігін жеткізді.

Оның айтуынша, мамыр айында әуежайдың жаңа терминалы мен жаңа теміржол вокзалы қолданысқа беріледі. Нәтижесінде, әуежай жылына 7 жарым миллион адамға қызмет көрсетсе, теміржол вокзалы 9 миллион адамды өткізуге есептелген.

– Бұл Қазақстанның барлық өңірлерінің, сонымен қатар, таяу шетелдердің туристеріне ЭКСПО-ға келуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Әсет Исекешев көрмеге келетін қонақтарды орналастыру мәселесіне қатысты да жайттармен бөлісті.

– Қазіргі уақытта Елордада 169 қонақүй мен 36 хостел жұмыс істейді. Бұған қоса, көрме басталар алдында тағы 16 қонақүй кешені ашылады. Мұнан бөлек, біз жалдамалы баспаналарды тарту жұмыстарын қарқынды жүргізудеміз. Жалға берілетін пәтерлер әлеуеті шамамен 10 мыңды құрайды. Жалпы, кемінде 35 мың орын дайындау жоспарлануда», – деді Астана әкімі.

«ҒАРЫШ» СЫЙЛЫҒЫ

ЭКСПО – 2017 көрмесінде болашақтың энергиясы саласындағы үздік инновациялық жоба үшін 20 мың еуро мөлшерінде «Ғарыш» сыйлығы табыс етіледі. Бұл жөнінде «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясының халықаралық қатысушылармен жұмыс атқару департаментінің директоры Илья Оразақов мәлімдеді.

– Бұл ЭКСПО – 90 халықаралық қоры мен Халықаралық көрме бюросы негізін қалаған әлеуметтік жоба. Ол ЭКСПО – 2017 көрмесі аясында бесінші рет табысталып отыр. Сыйақы мөлшері 20 мың еуро, жобаны дамытуға арналған стартап түрінде табыстаймыз. Сыйақы әлеуметтік саладағы үздік және анағұрлым инновациялық жобалар үшін беріледі. Байқауға қатысу үшін барлық елдер Астанаға шақырылып отыр, – деді Илья Оразақов.

Құжатқа «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясының басшысы Ахметжан Есімов, Халықаралық көрме бюросының бас хатшысы Висенте Лоссерталес және ЭКСПО – 90 жапондық қорының басшысы Нориаки Отсуки қол қойды.

– Бұл әлеуметтік жобаға қатысушы 160-тан астам ел және олардың тұрғындары мен ұйымдары шақырылады. Халықаралық көрме бюро мүшелерінен арнайы қазылар алқасы құрылады, байқаудың арнайы тақырыбы жарияланады. Қазылар алқасы қорытынды жасағаннан кейін біз оларды ЭКСПО сайтына орналастырамыз, көрменің жабылуы алдында қазылар алқасы сыйлықты табыс етеді», – деп хабарлады Висенте Лоссерталес.

ЕҢ ЖЫЛДАМ ЛАЗЕР

Румыния Астанада өтетін ЭКСПО – 2017 Халықаралық көрмесіне әлемдегі ең жылдам лазерді ұсынбақ. Бұл туралы Елордада өткен жиналыс аясында ұйымдастырылған баспасөз мәслихатында Румыния ұлттық павильонының өкілі Рауд Петур мәлім етті. Сонымен қатар ол Румынияда өте жақсы шараптарда өндірілетіндігін баса айтты. Оның айтуынша, Румынияның лазерлер өндіру саласында мол тәжірибесі бар. Әрі лазерлер әлемінде ең үздік модельдер болады.

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

Кемшілігін мойындап, кешірім сұрады

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Басқосуды жүргізген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің басшысы Серікбай Нұрғисаев күн тәртібінде қаралатын мәселелерге тоқталды. Ең бірінші Текелі қаласы әкімінің орынбасары Р. Рақымбеков пен Текелі қаласы ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Н. Жылқыбаевқа қатысты тәртіптік істің мән-жайы таныстырылды.

Текелі қаласы прокуратурасының ұсынысы бойынша қала әкімінің орынбасары Р. Рақымбековқа қатысты тәртіптік іс Әдеп жөніндегі кеңес ережесінің 27 тармағының 2-тармақшасына сәйкес, тәртіптік теріс қылық белгілерінің болмауына байланысты тоқтатылды. Ал Текелі қаласы ауылшаруашылық бөлімі бойынша 2015-2016 жылдары шаруа қожалығымен айналысатындарға мемлекеттік бағдарлама аясында әр жылға 20 тонна арзандатылған жанармай бөлінген. Оның нарықтағы әр литрінің бағасы 2016 жылдың тамыз, қыркүйек, караша айларында 130 теңгені құраса, төмендетілген бағасы 92 теңге. Алайда, мемлекет қолдауына қарамастан Текелі қаласы бойынша 2015 жылы 20 тоннадан ешнәрсе жұмсалмаса, ал 2016 жылы 20 тоннадан тек 11 тонна ғана тиесілі шаруа қожалығына өткізілген. Мемлекеттік бағдарлама жайында шаруашылық басшыларына қалалық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Н. Жылқыбаев тек телефонмен ғана хабарласып айтқандығы анықталған. Ауқымды кездесулер, басқосулар немесе өңірлік басылым арқылы жеңілдетілген жанармай алу тәртібі, оның тиімділігі туралы кеңейтілген ақпарат берілмеген. Өз қызметіне немқұрайдылық танытқан бөлім басшысы жіберген кемшіліктерін мойындап, кеңес мүшелерінен кешірім сұрап, енді мұндай олқылықтың орын алмайтынын айтты.

Кеңес мүшелерінің қорытындысы бойынша Әдеп кодексінің 5-тармағының 3, 11-тармақшаларын бұзғаны үшін Текелі қаласы ауылшаруашылық бөлімінің басшысына «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолдану ұсынылды.

Әдеп кеңесінің отырысында Ұйғыр ауданының екі бірдей ауылдық округ әкімдеріне қатысты тәртіптік іс қаралды. Аталған ауданға қарасты Авat ауылдық округінің әкімі Н. Кейінов пен Дардамты ауылдық округінің әкімі М. Мадамиловтың жіберген кемшіліктері сынға алынды.

Авat ауылдық округінің әкімі Н. Кейінов жол жөндеу жұмыстарын қайта қалпына келтіру шараларын жүргізгенде біршама кемшілікке жол берген. Атап айтсақ, Авat ауылдық округінің қоғамдық жиынында «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында бөлінген қаражат шеңберінде анықталған жобалар туралы хаттамасында екі көшенің құрылысын жөндеу қаулы етілген. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын «Эврика» шаруа қожалығы өз міндетіне алған. Осылайша ауылдық округ әкімі Н. Кейінов пен аталған шаруа қожалығы арасында мемлекеттік сатып алу туралы жұмыс шарты жасалған. Аталған шарттың қосымшасында жөндеу жұмыстың мерзімі қыркүйек, қазан айларында аяқталады деп көрсетілген. Әр ай сайын атқарылған жұмысқа сәйкес қажетті ақшаны ауылдық округ әкімі аударып отырған. Алайда көшенің 270 метрі ауа райының қолайсыздығына байланысты аяқталмай қалған. Ол жұмыс 2017 жылдың көктем айында аяқталады деп «Эврика» шаруа қожалығы кепілдік берген. Жұмыс беруші атқарылған жұмыс аяқталмайынша акт қағазға қол қоймау керек. Алайда, ауылдық округ әкімі бітпей қалған жұмысты қабылдап, қаражатты толығымен шотқа аударып жіберген. Өз кінәсін мойындаған мемлекеттік қызметкер алдағы уақытта мұндай олқылыққа жол бермейтінін айтып, ақталды.

Сондай-ақ, Шонжы ауылының тұрғыны Дардамты ауылдық округінің әкімі М. Мадамиловке шаруа қожалығын жүргізу мақсатында берілген 55 гектар жер телімін суармалы егістікке айналдыру үшін аумақта өскен сексеуіл ағашын кесуге рұқсат беру үшін өтініш берген. Ауылдық округ әкімі егістік алқабында кедергі келтірген ағашты кесуге рұқсат берген. Рұқсат негізінде заңсыз кесілген ағаштың салдарынан Дардамты ауылдық округ әкімдігіне жалпы құны 13 мың 44 теңге материалдық зиян келтірген. Мінберге көтерілген Дардамты ауылдық округінің әкімі М. Мадамилов өз кінәсін мойындап, кеңес мүшелерінен кешірім сұрады.

Кеңес мүшелері ақылдаса келе Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 50-бабының 1-тармағының 4-тармақшасын бұзғандары үшін екі ауылдық округ әкімдеріне «қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолдануды ұсынды.

Кеңестің келесі бөлігінде облыстың жергілікті атқарушы органдарында мемлекеттік қызметті өткеруде жіберілген кейбір кемшіліктер туралы баяндама тыңдалды.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail. ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

РУХАНИЯТ



Жамбылдың ән-күйлері жан тербеді

Жуырда Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияда «Жамбылдың ән-күйлері» атты концерт өтті. Иә шараға мәдениет және өнер қайраткерлері, қала жұртшылығы және Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев бастаған ақын ұрпақтары қатысты. Жаңа мазмұндағы концерттің өзіндік ерекшелігі – бұл жолы Жамбыл атамыздың ән-күйлері бірінші рет тыңдаушылар назарына ұсынылды.

Жетісу
Болат МӘЖИТ

Кештің беташар сөзінде жазушы, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, халықаралық «Жамбыл» қоғамдық қорының төрағасы Нағашыбек Қапалбекұлы ақын мұрасына жан-жақты тоқталды. Жыр жампозы небір сындарлы кезеңдерде өнер көшінің басынан көрінді. Домбырасын қолға алып, асыл сөзін ақтарды. Халқының ойына жігер, бойына күш берді. Бабамыздың ақындық жолы, тәлімі мен үлгісі бүгінгі ұрпаққа да керек. Енді, міне, жамбылтану үрдісінің жаңа қырынан танылуы табиғи құбылыс.

Арғы-бергі тарихымызға қарасақ, бабалар мектебінің сан қырлы екенін байқаймыз. Мәселен, ойлы өлеңдерімен қатар Абайдың ән шығарғанын, Махамбеттің күй тартқанын қазақ жақсы біледі. Енді сол сабақтастық жыр алыбы Жамбылмен толықты.

– Бүгінге дейін ақын атамыздың артында 50-ге тарта әндері, 20-ға тарта күйлері қалғаны белгілі. Ол кісінің мұндай шығармалары кезінде ел арасында кеңінен тараған. Зерттеушілеріміз атадан қалған ән мен күйді нотаға түсірді. Жамбылдың композиторлығының оның ақындық биігін асқақтата түсетіні анық, – деді Нағашыбек Қапалбекұлы.

Бұдан кейін М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының әртістері «Жамбыл ауылында» атты шығарма бойынша бірқатар айтулы тұлғалардың бейнелерін сәтті сомдады. Өткен заманнан сыр шерткен бұл көріністер көрермендер көңілінен шықты.

Концертте Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі Арман Жүдебаевтың дирижерлік етуімен «Ұлы Отанға» деп аталған Жамбылдың күйін орындады. Әсем саз құлақ құрышын қандырды. Ақын бабамыз елі мен жеріне арнаған сүйіспеншілігін жыр сарынынан күй сарынына айналдырып төгілдіріп тұрғандай.

Өмірден озарында ұлы композитор Нұрғиса Тілендиев «Мені Жамбыл тәтемнің қасына қойыңдар» деген екен. Осы бір аманат сөзде терең сыр жатқандай. Себебі, Нұрағаң кезінде ақынның сазгерлігін танып, бағалап, осылай айтты ма екен деп те ойлайсыз.

Келесі кезекте «Жанай құрбым» әні хабарланды. Бұл ән халыққа ежелден таныс. Оны Жетісу жұрты ғана емес, басқа аймақтың адамдары да жақсы көріп, жиын-тойларда әуелеткен. Жиналғандар әннің авторы кім екенін білген кезде сүйіспеншіліктері одан сайын арта түсті. Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжановтың дауысымен орындалғанда аталған шығарма құлпырып кетті. Шолпан Даржанова «Жиырма бесті», Мақпал Тоқтағанова «Күләшқа» арналған шығарманы, Ермек Шаштайұлы «Алатауды», Нәзира Асқар «Айрықша туған азаматты», Алма Аманжолова «Балаларға», Данияр Рахымбай «Кәрілік туралы» деген әнді және Б. Байқадамов атындағы хор капелласы «Үгәй-ай» әндерін нәшіне келтіріп орындады. Сондай-ақ, «Нәрікбайдың зары» деп аталатын күй де оркестрдің әсем үнімен әуеледі.

Алматы қаласындағы №161 Жамбыл атындағы мектеп-лицейінің оқушылары ақын жырларын қазақ, орыс, ағылшын, француз және қытай тілдерінде оқып, көпшілікті бір сүйіндірді. Мұндай ізденістерден алдағы уақытта Жамбыл даңқының әлемдік деңгейдегі алатын орнының арта түсетінін аңғарасыз.

Республикаға белгілі өнер ұжымдары – Н. Тілендиев атындағы «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі, «Құлансаз» ансамбльдері сахна шырайын арттырды. Алматы қаласының әкімдігі, «Ақорда» республикалық қозғалысы аталған шараға басты демеуші болды.

Бұл – Жамбылдың композиторлық қырын танытқан, рухани қазынасын байытқан ізгілікті істің басы ғана. Әнқүйлердің асыл қоры одан әрі де толыға түседі деген сенімдеміз.

Алматы қаласы.

ТАҒЗЫМ

Ақын Сара есімі ардақталды

Өткен аптада жерлестеріміз Талдықорған қаласындағы «Құс жолы» мейрамханасында ағайынның басын қосып, ақын Сара апамызға ас беріп, перзенттік борышын өтеді. Сауапты шараны жүргізу тізгінін танымал журналист Нұртілеу Иманғалиұлы ұстады. Осындайда Фариза ақынның «Мені өркеуде ақын десе, бұл ақын Саранын арқасы. Сарадан үйрендім, өнеге алдым. Сара менің – пірім» деген сөзі ойға оралады. Расында, Сара апамызға бұдан артық баға бере алмассың.

Жетісу
Қажет АНДАС

Талдықорғандағы асқа Сара апамызды пірім деп түсінетін зиялы қауым өкілдерінің тайлы-тұяғы қалмай жиналды. Сол көптің арасында облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омардың жүйелі сөзі қаламгер қауымға үлкен ой салды. Сөз басын облыс әкімі Амандық Ғаббасұлының көпшілікке жолдаған ыстық сәлемімен бастаған әкім орынбасары кейінгі жылдары қазақ әдебиеті мен өнерінің жарық жұлдыздарының есімін ел есінде жаңғыртуға қатысты атқарылған шараларды да салмақтады.

Бүгінде Ақын Сара атындағы ауыл, мұражай, ескерткіш бар. Ешкіөлмес тауының баурайындағы мәңгілік қонысында тастан қаланған зираты тұр. Облыс аумағындағы бірқатар мектепке апамыздың аты берілген. Талдықорған қаласындағы облыс әкімдігі мен «Қазақтелекомның» ғимараты, елдің өзегін жалғап жатқан бірқатар сауда орталығы, колледждер мен балабақшалар орналасқан көше апамыздың атымен аталады. Екі жылда бір рет республикалық «Біржанның інілері, Саранын сіңлілері» атты ақындар айтысы ұйымдастырылады. Қысқасы, облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар айтқандай: «Қай қырынан келсек те, ақын Сара Тастанбеққызының биік парасаты, ұлы тұлғасы ескерусіз қалған жоқ».

«Сара мен Біржанның айтысы болмаған» деп тырбаңдағандар бұрын да болды, қазір де бар, болатын да шығар» – деп Камал Әбдірахман айтқандай, апамыздың мол мұрасы мен айтыс өнерінің төңірегінде әлі де алыпқашпа әңгіме түгесілер емес. Астың мақсаты да осы түйінді шешуге жұртты жұмылдыру. Апамыздың қазақ әдебиетіндегі орнын тұрақтандыру үшін тер төгетін азаматтарға қозғау салу.

Асқа жиналған қауымның да айтары көп екен. Бірінен соң бірі сөз алған игі жақсы азаматтар мен азаматшалардың лебізінен Сара апамыз жайлы салмақты дүниенің бар екенін пайымдадық. Сара ақынның біз білмейтін қырының көптігін ұғындық. Арасында Астана мен Алматыдағы ел тізгінін ұстап жүрген азаматтар мен зиялы қауым өкілдерінің де құттықтаулары оқылып тұрды.

Асқа келгендер осындай ақжарма ойларымен бөліссе, түрлі себеппен Талдықорғанға келе алмай қалған он саусағынан өнері тамған елге белгілі аналарымыз азаматтарға өз қолымен әдіптеген баскиім, қыздарға жаулық жіберіпті. Бұл бұйымдарды көпшілік ырым ретінде таратып алды.

ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ! Ардақты ағайын!

Өткеніміз бен бүгініміздің алтын арқауы, елдігіміздің тұғыры – тәуелсіздікті баянды еткен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының, шынайы қамқорлығының нәтижесінде көне тарихымызды тірілтіп, бабалар рухын асқақтатуға қол жеткіздік.

Соның жарқын бір көрінісі – халқымыздың аяулы ақын қызы Сара Тастанбеққызының рухына арналып отырған бүгінгі тарихи тағылымы мол игілікті шара екенінде күмән жоқ.

Төл әдебиетімізде өзіндік орны бар кестелі сөз шебері, қазақ қызына тән қайсарлық пен өжеттіктің белгісі, айтыс өнерінің қайталанбас тұлғасы Сара Тастанбеққызына арналған ұлағатты істер ақын есімін ардақ тұтқан кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге екендігі даусыз.

Атадан балаға, ғасырдан ғасырға үзілмей жалғасып келе жатқан ақын Сараның туған елі мен жеріне деген адал махаббаты, азаттыққа деген арман-мұраты киелі өнерді серік еткен қазақ қыздарының бойтұмарына, өмірлік темірқазығына айналып келеді. Сондықтан қазақтай қабырғалы халқы барда ақын Сараның есімі мен өнегесі мәңгі жасай бермек.

Бүгінгі үлкен тәлімді шараның өтуіне ұйытқы болған баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін. Ақын Сара апамыздың есімін біз, ұрпақтары, құрмет тұтамыз және әрқез есте сақтаймыз.

Баршаңызға еңбектеріңізге табыс, әрбір отбасына береке-бірлік, бақыт тілеймін!

Ізгі ниетпен, Е. БАБАҚҰМАРОВ,
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесі басшысының орынбасары.
Астана, Үкімет үйі.

СПОРТ

Жалынды жастар жетістігі

Қапшағайдағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары талай дүбірлі додада облысымыздың намысын жыртып жүр. Спортшылардың былтырғы табысы тіптен ерек.

Өткен жылы облыстық, республикалық және халықаралық дәрежедегі өткен сында бұл мектептен 210 бала жеңімпаз атанса, 524-і жүлделі орыннан көрінген болатын. Ел біріншілігінде 51 спортшысы алтыннан алқа тақты. Ал, Азия біріншілігінде бір күміс және сегіз қола медальді еншілеген.

Сонымен қатар, бұл мектепте халықаралық дәрежедегі 3 спорт шебері, 12 спорт шебері, 41 спорт шеберіне үміткер, 25 бірінші санаттағы спортшы жаттығады. Ең бастысы, әр жас аралығындағы 112 спортшы ұлттық құрама сапына кірді. Енді олар ел намысын қорғап, байрақты бәсекелерде бағын сынамақ. Жалындаған жастарға сәттілік тілеп, жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектеспіз.

Айдын ДАЙЫНОВ,
ЖМУ-дің студенті.

КҮРЕТАМЫР

Үш тілді білім берудегі мақсат бірнеше тілді меңгерген, жан-жақты қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Ол арқылы бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп, оқушыларды өмірге даярлау міндеттеледі.

ЖҮРЕК ҮНІ

Тіл – жүректің үні ғана емес, ұлтымыздың абыройы мен болмысы. Осы ретте Елбасы биылғы халыққа арнаған Жолдауында қазақ тілінің басымдығын сақтай отырып, орыс тілі мен ағылшын тілін меңгеруді тапсырды. Оқу ошақтарын кезең-кезеңімен үштілді білім беруге көшірудің маңыздылығын атап өтті.

Үштілділік мәселесі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі», – деген салиқалы Үндеуінен бастау алған болатын.

Біз үш тілді меңгеру арқылы әлемдегі алғашқы қатарлы ел бола аламыз. Біз ол арқылы біріншіден, өз тіліміздің бай екендігін көрсете отырып, өзге тілдерді еркін меңгере алатын ұлт екенімізді дәлелдейміз. Екіншіден, шет елмен тығыз қарым-қатынас орната отырып, экономикамызды жақсартамыз. Үшіншіден, «Жас болса да, бас бола алатын» мемлекет екендігімізді толығымен көрсетеміз.

Қорыта айтқанда, жарқын болашақта қазақ тілін әлемге әйгілі етіп, орыс тілі арқылы ұлтаралық қатынасымыз өрби түсіп, ал, ағылшын тілі арқылы жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігіп қана қоймай, онда Қазақстанның ойып тұрып орын алатынына сенеміз мол.

Гүлмира ЖАМАНШАЛОВА,
М. Бейсебаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Қарасай ауданы.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

«Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға өтініштерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығымен бекітілген ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына сәйкес, қабылдайтындығын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығымен бекітілген

Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) су беруші – АШТӨ-ге су беруді жүзеге асыратын және су шаруашылығы жүйелері қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

2) суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтер – су көздерінен (өзен, су қоймасы, канал және басқалар) су алу жолымен су беру, су тартқыштар арқылы (канал, құбыр желісі) тасымалдау және бөлу және АШТӨ-ге су бөлу орындарына су беру;

3) субсидиялау – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, субсидияларды нақты алушыларды өтеусіз және қайтарымсыз негізде қаржыландыру.

3. Субсидия алушылар су берушіден суармалы су беру қызметтерін сатып алған және оларды төлеу бойынша шығынға ұшыраған АШТӨ-ге болып табылады.

2. Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау тәртібі

1-параграф. Субсидия алу шарты

4. Субсидиялар мынадай шарттарды сақтаған кезде төленеді:

1) АШТӨ-нің облыстың, Астана және Алматы қалаларының ауылшаруашылығы басқармасына (бұдан әрі – Басқарма) осы Қағидаларға

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға ай сайын өтінім беруі;

2) шаруа қожалығы, фермерлік шаруашылық немесе заңды тұлға ретінде тіркелуі;

3) құны 0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге) жоғары суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ су беруші алдында берешегінің жоқтығы;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 мамырдағы №266 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша су берушімен жасалған шарт бойынша суармалы су берілетін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесіне жер пайдалану немесе жеке меншік құқығының тіркелуі.

2-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі

5. Сатып алынған суармалы судың 1 (бір) м^3 (текше метріне) субсидия нормативі тарифтің субсидияланатын бөлігінен 50%-ын құрайды.

Субсидия мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің тиісті аумақтық бөлімшесі бекіткен тариф пен су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің (0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге) ең төменгі (субсидияланбайтын) құны арасындағы айырмашылық алынады – тарифтің субсидияланатын бөлігі.

1 (бір) м^3 (текше метр) сатып алынған суармалы судың субсидия мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = (T-S_{min})*50\%$$

мұнда:

S – сатып алынған суармалы судың субсидия мөлшері, тг/м^3 (текше метрге теңге);

Т – бекітілген тариф, тг/м^3 (текше метрге теңге);

S_{min} – су беру бойынша қызметтердің (0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге)) ең төменгі (субсидияланбайтын) құны;

Күріш дақылдары үшін S_{min} кезең-кезеңмен енгізіледі:

2016 жылдан бастап – 0,10 тг/м^3 (текше метрге теңге);

2017 жылдан бастап – 0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге).

6. Субсидияланатын суармалы судың көлемі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 82-бабына сәйкес бассейндер мен облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бөлімшесіндегі су пайдалану лимитінен аспауы тиіс.

3-параграф. Субсидияны төлеу тәртібі

7. Басқарма тиісті жылдың 1 наурызынан кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында, облыс әкімдігінің интернет-ресурсында суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидия алу үшін ай сайынғы өтінімдерді қабылдаудың кезеңі туралы хабарландыру орналастырады.

8. Басқарма 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінімді осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген субсидия алу шарттарына сәйкестігіне қарастырады.

Өтінімдер осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келген жағдайда Басқарма бюджеттік субсидиялар төлеуге арналған ведомості қалыптастырады және төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес төлемдер жүргізген кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлем шоттарының тізілімін және төлем шотын ұсынады.

Өтінім осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда өтінім берушіге жазбаша түрде бас тарту себебі көрсетілген дәлелді жауап беріледі.

4-параграф. Сибсидиялау бойынша есептілік

9. Басқарма Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігіне суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтің құнын арзандатуға арналған субсидияларды пайдалану туралы тиісті қаржы жылына арналған есепті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 25 қарашадан кешіктірмей ұсынады.

Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Облыстың (Астана, Алматы қалаларының) ауылшаруашылығы басқармасының басшысы _____
(Т.А.Ә.)

201__ жылғы _____ айға суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидия алуға өтінім

1. Ауылшаруашылығы тауарын өндіруші
_____
(атауы)

2. Орналасқан жері:
_____
(облыс, аудан, кент, көше)

3. Өтініш иесі туралы мәлімет:

р/с №	Деректер мәні	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама	тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		мемлекеттік тіркеу күні	
		кім берді	
		БСН	
	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	
		ЖСН	
		кім берді	
		берілген күні	
	Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	тіркеу күні	
		кім берді	
		берілген күні	
		ЖСН	
	Жер пайдалану немесе жеке меншік құқығына өтінім берушіге тиесілі жер учаскесіне берілетіндігі және (немесе) қажеттілігі	кадастрлық нөмірі	
		бірлігінің алаңы, гектар	
		оның ішінде суармалы жерлер	
		тысқары мақсаты	
		берілетіндігі құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді	
		жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	
	Су қызметтері	су шығыны: атауы (көлік, құбыр, суландыру жүйесі, үйлесуі/ағуы, су бөлуші)	
		су берушінің тарифі (теңге)	
		суармалы су беру бойынша қызмет құнын арзандатуға арналған субсидияларды пайдалану туралы тиісті қаржы жылына арналған есепті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 25 қарашадан кешіктірмей ұсынады.	
	Өндіріс өсіретін ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша суармалы судың тұтыну нормасы	өсіретін дақыл	
		суландыру нормасы, м^3/га (гектарға текше метр)	
		су тұтыну көлемі, мың м^3 (текше метр)	
		сұрау тәсілі	
	Анықтама иесінің бар-жоғы туралы мәлімет	Банктің не Ұлттық почта операторының деректемелері: банктің не Ұлттық почта операторының атауы	
		БСК	
		КС	
		БСН	
		КБе	
	Алынған суармалы суға ағымдағы төлем құжаттары	төлем сомасы, теңге	
		төленген суармалы судың көлемі, мың м^3 (текше метр)	
		су берушінің заңды мекенжайы	
		берілген күні	

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Басшы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі):
_____ _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Бас есепші (бар болса)
_____ _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Мөрдің орны
20__ жылғы «___» _____

Өтініш 20__ жылғы «___» _____қарауға қабылданды
_____ _____
(қолы) (Т.А.Ә.(бар болған жағдайда), лауазымы)



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

МАМАН МІНБЕРІ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Қай ұлттың, қай елдің болмасын ең қастерлі құндылығы – Ана тілі. Туған тілі жетімдік көрмеген халық құдіретті. Шындығында тілдің асыл қасиеті әрбір адамның бойына ана сүтімен еніп, кісілік келбет-кескіні, тұлғалық бет-бейнесі қалыптасады. Жер бетіндегі мыңдаған халықтарды өзгелерден ерекшелеп, даралап тұрған да шұрайлы тілдің байлығы. Әлемдегі ұлттар мен ұлыстардың тілдік қорының мол болуы тарихына, дүниетанымына, көзқарасына, ұстанымына тікелей байланысты.

1995 жылы қабылданған Ата Заңның 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – Қазақ тілі» деп анық та айқын көрсетілген. 1997 жылдың 11 шілдесінде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңы еліміздегі тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін қамтамасыз етуге арналған. Аталған Заң тілдерді оқып-үйрену мен дамытуға жағдай жасау жөніндегі міндеттерді белгілеп, мемлекетімізде өмір сүретін барлық халықтардың тіліне құрметпен қарауды міндеттейді. Осы Заңның 4-бабында «Қазақстан Республикасының тілі – қазақ тілі» деп анық көрсетілген.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің барлық аумағындағы қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылып, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу сынды аса жауапты салаларды қамтиды. Үкімет осы Заңның жүзеге асуы жөнінде көптеген қаулылар қабылдап, тілдердің қолданысын кеңейту бағытында арнайы мемлекеттік бағдарламалар жасады. Соның арқасында мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы іс қағаздары мемлекеттік тілге көшіріліп, қазақ тілінде шығатын бұқаралық ақпарат құралдарының саны артты.

Дегенмен, елімізде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесі бүгінгі күні өзекті тақырыптың біріне айналып отыр. Өйткені Ана тілі Ту, Елтаңба, Гимнмен қатар аталатын елдігіміздің басты белгілерінің негізгісі саналады. Сондықтан Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды тетігі есептелетін мемлекеттік тілді меңгеру – әрбір жанның азаматтық парызы. Себебі, мемлекеттік тіл – тек қазақ тілі ғана емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттың ортақ тілі екендігін ескеруіміз керек.

Н. ЖАНАНОВ,
Талдықорған қаласы прокуратурасы бөлімінің аға прокуроры.

САЛТ-САНА

Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі

Қазақ халқы ежелден-ақ қыз баланы «күн түсірмей, жел қақтырмай» мәпелеп өсірген. «Жат жұрттыққа жаратылған бала», «қыз – қонақ» деп ең сәнді киімді кигізіп, бағалы заттар таққызған, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеген. Қыз бала жас шағынан абысын-жеңгелерінің қамқорлығына алынған.

Тұрмысқа шыққан соң да жас келінге жаңа отбасы құрметпен, жанашырлықпен, сыйластықпен қарағаң. Оны бірден-ақ бауырмалдық, туыстық қатынасқа баулығаң. Мұны «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деген мақалдың мазмұнынан аңғарамыз. Мұны талдап айтар болсақ, отбасының басшысы ер адам, асыраушы ретінде танылған, ал әйел болса, сол табысты үй ішінде ұқсатқан. Сондай-ақ, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, сырмақ сыру, кілем тоқуды үйренген.

Мұндай өнерді қызға бастапқыда ісмер әжесі мен анасы үйретсе, кейіннен ұзатылып барған жерінде де ол жалғасын тапқан. Жас келінге енесі мен абысындары қонақ күтіп, дастарқан жаю мен оны жинап алу, шәй құю, күн сайын үй ішін жинастыру сияқты жұмыстардың жай-жапсарынан хабардар етіп, жөн сілтеп, ақыл- кеңесін аямай қажетті жерінде қол ұшын беріп отырған.

Қазақ отбасындағы мына бір жайт назар аударуға тұрарлық. Баласымен әйелі ренжісіп қалса, үй иелері кінәні баласынан көріп, келінге шаң жуытпайтын болған. Өршіп кетпес үшін балаларына ақыл-кеңес беріп, тәртіпке шақырған. Ұлдар тәрбиесіне де ерекше мән беріп қараған.

Қазақ халқы қашанда ұл-қыздарын ұлттық дәстүр аясында тәрбиелеген. Оны ұмыт қалдырмай, отбасы, мектеп, оқу орындарында жүйелі түрде тәрбие беруді қолға алуымыз керек. Сонда ғана салтымызды сақтап қала аламыз.

Коксоген ОНОРБЕК,
Көктал негізгі мектебінің математика пәні мұғалімі.
Кербұлақ ауданы.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ГАЗДАНДЫРУ жүйелі жүргізілуде

Алдын ала болжам бойынша облысымыздағы барлық елді мекенді тұтастай газбен қамту үшін 3,3 мың шақырым газ желісін тарту керек. Қазір осы жоспардың бірқатары еңсерілді. Бұл туралы облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қатысуымен өткен басқосуда мәлім болды.



Қажет АНДАС

▼ Биылғы жоспар бойынша қаланың орталық аумағының **22,** шығыс аумақтың **15,** Өтенай ауылдық округінің **13,** оңтүстік-шығыс аумақтың **13,** солтүстік аумақтың **27** пайызына газ желісі жеткізіледі. Демек, жыл соңына қарай қаланың **50** пайыздан астамы көгілдір отынның игілігін көреді.

Расында, өңір тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз ету үшін үлкен жұмыс жасалғаны көрініп тұр. Оның нәтижесін бөлінген қаржы мен атқарылған жұмыстардан-ақ білуге болады. Яғни, газдандыру мақсатына 2013 жылы 1611,9 млрд. теңге, 2014 жылы 2115,2 млрд. теңге, 2015 жылы 2835,2 млрд. теңге, 2016 жылы 5239,2 млрд. теңге бөлініп, игерілген. Ал 2013 жыл мен 2016 жылдары бөлінген қаржының деңгейіне қарап-ақ өңірді көгілдір отынмен қамту жұмысына қаншалықты деңгейде мән берілгенін аңғаруға болады.

Осы ретте облыс орталығы Талдықорған қаласын газдандыру мақсатындағы жұмыс қарқынына ерекше тоқтала кеткен жөн. Жоспар бойынша қаланы газбен қамтамасыз ету төрт кезеңге бөліп орындалады. Алғашқы кезекте «Қаратал» шағын ауданы, Абылайхан, Жансүгіров, Гаухар ана көшелерінің бойындағы, облыстық аурухана, автобекет және орталық базардың маңындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлер, «Талдықорған» индустриялды аймағы мен Оңтүстік өндірістік аймақ газ желісімен қамтылады. Екінші кезекте «Самал», «Жастар» шағын аудандары мен Қабанбай батыр, Чкалов, Белов, Шевченко көшелерінің бойындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлерге газ жеткізіледі. Үшінші кезекте Өтенай және «Шығыс» шағын ауданы мен Жансүгіров, Алматы, Тілек Әбжалиев көшесінің тұрғындары көгілдір отынға қол жеткізеді. Төртінші кезекте Еркін, Көктал ауылдары мен қала маңындағы саяжайлар газдандырылады.

Бүгінге дейін Талдықорған қаласына газ желісін тарту жұмысы белгіленген жоспар бойынша орындалып келеді. Айталық, өткен жылы қаланың орталық аумағының 23, шығыс аумақтың 17, Өтенай селолық округінің 7, Еркін селолық округінің 20, оңтүстік-батыс аумақтың 11, солтүстік аумақтың 22 пайызына газ желісі тартылыпты. Биылғы жоспар бойынша қаланың орталық аумағының 22, шығыс аумақтың 15, Өтенай ауылдық округінің 13, оңтүстік-шығыс аумақтың 13, солтүстік аумақтың 27 пайызына газ желісі жеткізіледі. Демек, жыл соңына қарай қаланың 50 пайыздан астамы көгілдір отынның игілігін көреді. Сала мамандарының таныстыруы арқылы жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесін өңір басшысы жоғары бағалады.

Газбен қамтуды міндетіне алған мекемелер газ құбырын әр үйдің қақпасына дейін жеткізіп беруге жауапты. Сырттағы газ желісін үйге енгізуге қатысты жұмыстарды пәтер және жеке тұрғын үй иелері өз қаржысымен атқарады. Облыс әкімі қатысты мекеме мамандарына табиғи газды үйді-үйге кіргізуге қатысты түсіндіру жұмыстарын тыңғылықты жүргізіп, жоспарды ойдағыдай орындау керектігін тапсырды.

Облыс басшысы газдандыру мақсатында атқарылған жұмыс ретімен танысумен қатар алдағы уақытта қаламызда бой көтеретін «Коттеджді қалашық», қалаға кіреберіске орнатылатын арканың жобасын көріп шықты. Сондай-ақ, қаланың оңтүстік-батыс аумағында салынып жатқан жобаларға өзгеріс енгізу туралы ұсыныстарды тыңдап, сын-ескертпелер айтты.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жамбыл ауылындағы Мәдениет үйінің көрермен залы әдеттегіше лық толы. Сахнада алдымен жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының сценарийімен әзірленген қойылым назарға ұсынылды. Ұлы Отан соғысы кезінде Жамбылдың даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлымен кездесіп, ақын мен батырдың екеуара тілдесуі мен күй шебері Дина Нұрпейісованың бейнелерін драма театрының әртістері шебер сомдады.

Салтанатты жиынның алғысөзінде облыс әкімінің орынбасары **Жақсылық Омар** шараның мазмұны, тағылымы, екі бірдей қоғамдық құрылысты басынан өткеріп, екі дәуірде де телегей-теңіз жырларымен халқына рухани қызмет еткен



Айтыстың бас бәйге иегері Ақбота МАНАРБЕК пен 1-орын алған

Жыр арқауы — Жамбыл Жырау

ақын мұрасын бүгінгі ұрпаққа дәріптеу, жамбылтану ғылымының жаңғыруы жөнінде келелі ой-пікірін білдірді. Өңірдің бас идеологы дәстүрлі Жамбыл күнінің ауқымын кеңейтіп, тек осы ауданда ғана емес, келесі жылдан бастап облыс көлемінде өткізу керектігін айтты. Ол сондай-ақ енді төрт жылдан кейін Жамбылдың 175 жылдық мерейтойын халықаралық деңгейде лайықты мерекелеудің Жетісу жеріндегі қажетті іс-шараларын осы бастан қамдауды алға тартты.

Әкім орынбасарының орынды пікірін қоштаған Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай кейінгі кезде Жамбыл туралы жарық көрген тұлғалық энциклопедия, кітап, ғылыми жиындардың жалпақ жұртқа насихаты жетпей жатқанын, жаңа кітап таралымының жеткіліксіз екенін айта келе, жырауға арнаған өлеңін оқыды. Көпшілік алдында сондай-ақ, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижан сөз сөйлеп, ғасыр жасаған абыз тағылымын әңгімеледі. «Сүйінбай сазы», «Құлансаз» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерінің өнерпаздары Жамбыл әндерін шырқап, құйқылжыған күйлерін орындады.

Сонымен бірге, аудан орталығында «Жыр алыбы – Жамбыл» атты республикалық жас ақындар айтысы өтті. Облыстық білім басқармасы мен аудан әкімдігі ұйымдастырған жыр додасына байтақ еліміздің әр қиырынан келген 50-ден аса мектеп оқушысы қатысты. Айтыс шымылдығы жыршы-термеші Данияр Рахымбайдың орындауында Жамбылдың «Алатаудан, Арқадан, ақындарым келіпсің» деп басталатын әйгілі арнауымен ашылды. Облыс әкімінің орынбасары ақындарға сәттілік тіледі.

Айтысқа Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, «Ан-Арыс» баспасының директоры Көдірбек Құнпия бастаған қазылар алқасы, танымал айтыскер, Балғынбек Имашев, ҚР Мәдениет қайраткері, ардагер журналист Күмісжан Байжан, ақын, педагогикалық «Ел-назар» журналының редакторы Ерғазы Манапұлы, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, жыршы-термеші Жылбек Тоқтасынов төрелік етті. Ұлтымыздың төл өнерін әспеттеген ұландар жырсүйер қауым алдында Жамбыл шығармашылығын насихаттаудан сөз сайысына түсті. Таңертеңнен басталған суырыпсалмалық өнер сынында табан астында тауып айту қабілеттерін таныта алғандар түс ауа екінші айналымда өлеңмен тағы сөз қағыстырды.

Сөз сайысының қорытындысында жүзден жүйріктер анықталып, бас жүлдені Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мектептің оқушысы Ақбота Манарбек жеңіп алды. Өткен жылы дәл осы сахнада аудан әкімінің арнайы жүлдесін алған астаналық Диас Төлепберген бұл жолы бірінші орынға ие болды. Екі екінші орын Алакөл ауданынан Ақжібек Рахатбек пен шымкенттік Бекжан Базарбекке берілді. Жамбыл ауданынан Пәкиза Арыстан, Алматы қаласынан Әмір Сатыбалды және Ақтөбеден ат арытып келген Нұрбол Жауынбаевқа үшінші орын бәйгелері тапсырылды. Кенен Әзірбаев атындағы жүлде Жамбыл облысынан Диана Тұрсынбекке, Үмбетәлі Кәрібаев атындағы жүлде Жамбыл ауданынан Мәди Төлеген мен алматылық Жансерік Серікбайға, Есенқұл Жақыпбеков атындағы жүлде павлодарлық Бәкір Нұрбекке бұйырды. Аудан әкімі Жандарбек Далабаев тағайындаған арнайы жүлдені Қызылорда облысы, Арал ауданының баласы Алдоңғар Қалқаман мен Панфилов ауданынан Үмбетәлі Қали иеленді. Айтысты көрермен ретінде тамашалаған Гүлімхан есімді апай Ақмола облысы Бұланды ауылынан келген Нұржанат Мұхаметке көрермен көзайымы жүлдесін ұсынды. Қалған айтыскерлердің барлығына ынталандыру сыйлықтары тапсырылды.

Жамбыл ауданы.

ХАБАРЛАМА

Алматы облысындағы сайлау науқанының барысы туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, шығып қалғандардың орнына Алматы облысының мәслихаты депутаттарын сайлау облыстық сайлау комиссиясының қаулысымен 2017 жылдың 26 наурызына бекітілді.

Шығып қалған депутаттардың орнына сайлау Алматы облыстық мәслихатының №15 Райымбек сайлау округі, Алакөл аудандық мәслихатының №13 Көлбай сайлау округі, Ескелді аудандық мәслихатының №10 Қант зауыты сайлау округі, Жамбыл аудандық мәслихатының №12 Беріктас сайлау округі, Қарасай аудандық мәслихатының №11, №12, №14 сайлау округтері, Панфилов аудандық мәслихатының №6 Шекаралық сайлау округі, Ұйғыр аудандық мәслихатының №2 Үлкен-Ақсу сайлау округі бойынша тағайындалды.

Күнтізбелік жоспарға сәйкес кандидаттарды тіркеу 2017 жылдың 26 қаңтарынан 2017 жылдың 25 ақпанына дейін жүргізілді. Барлығы 27 кандидат тіркелді («Нұр Отан» партиясынан 9 кандидат, өзін-өзі ұсыну жолымен 18 кандидат) және олардың талапқа сәйкестігі тексерілді. Ағымдағы жылдың 2-наурызынан кандидаттар сайлау алдындағы үгіттеу жұмыстарына кірісті. Қарасай, Алакөл, Ескелді, Жамбыл, Панфилов, Ұйғыр аудандарының әкімдіктері 5 наурыздан кешіктірмей сайлаушылардың тізімін учаскелік сайлау комиссияларына тапсырады. 10 наурыздан бастап олар сайлаушыларға таныстыру үшін ұсынылады.

Учаскелік сайлау комиссиялары 15 наурыздан бастап сайлаушыларға сайлау учаскелерінде дауыс беру уақыты және орны туралы хабарлауды жүргізеді.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

Әлем тынысы

123 БӨЛМЕЛІ ҮЙ



Американдық әнші, әлемге әйгілі Бейонсе мен оның ері Джей Зи Голливудта көп бөлмелі үй сатып алмақшы. Бұған түрткі болған – Бейонсенің егіз балаға жүктілігі. Олар болашақ сәбилеріне осылай үй сүйіншілемек.

Үйдің құны 85 миллион фунтты құрап отыр. Ақпарат көздеріне сүйенсек, бұл зәулім сарай АҚШ-тың Ақ үйінен де әлденеше есе үлкендігімен ерекше. Үй тек бос бөлмелерден құралмайды. Мұнда балықтар әлемі, аквариум, түнгі клуб, арнайы берілген сыйлықтарды жинайтын бөлмелер бар. Дербес мекенжайды «The Sun» деп аталатын ақпарат көзі таратты. Жұлдыз әйелдің әрбір музыкалық шығармасы, елден ерек биі, зор дауысы жарты әлемге танымал. Әсіресе, жастар оның музыкалық туындыларын жатқа соғады десек артық айтқандық емес. АҚШ-тағы ең үлкен үй қазірше осы бағы жанған әншінің еншісінде.

КҮЙЗЕЛІСКЕ ТҮСЕТІНДЕР КӨП



Күйзеліс әлемді дендеп барады. Адамдар аурудан емес, іштей қайғырудан, сары уайымға салынудан зардап шегіп отыр. Мәселен, Украинада халықтың 6,3 пайызы күйзеліске ұшыраған.

Ал әлем бойынша жан дертіне шалдыққандардың саны 30 миллионнан асып-жығылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне қарасақ, соңғы он жыл ішінде әлемде күйзеліске ұшырағандар 18 пайызға артып кеткен. Дәрігерлер күйзеліс күрделі әлеуметтік, психологиялық, биологиялық факторлардың нәтижесі болып табылатынын атап өтеді. Оның ішінде, 20 пайызы босанғаннан кейінгі күйзеліс. Бұдан басқа, бұл аурудың туындауына экономикалық қиындық, жұмыссыздық, табиғи апат, дау-дамай сияқты факторлар әсер ететін көрінеді. Жасыратыны жоқ, болмашы нәрсеге күйзеліп, терісіне сыймай жүретіндер өз арамызда да баршылық.

СОТ ҚАТЕЛЕСТІ



Адам өлтіргендігі үшін сотталған итальяндық кінәсіз деп табылып, түрмеден шығарылды. Алайда ол 20 жылын темір тордың ар жағында өткізген. Әңгіме 55 жастағы Таранто провинциясындағы Фраганьяно қаласының тұрғыны Анджело Массаро жайлы.

Катанзаро қаласының соты оны 1995 жылы 22 қазанда Лоренцо Ферсурелланы өлтірді деген айыппен 24 жылға бас бостандығынан айырған. Айыптау Массароның телефонын тыңдау және ақпаршының бұл қылмыс жайлы үшінші бір адамнан алған мәліметіне негізделген. Кейіннен оның айтқандарының шындыққа жанаспайтындығы анықталды. Бұдан басқа Массаронің адвокаты адам өлімі болған түні клиенті өзге жерде болғанын дәлелдей алды. Енді итальяндықтың қорғаушылары әділет министрлігінен оны заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін өтемақы талап етпек. Италияда болған мұндай атышулы жағдай соттың әділдігіне сын түсірді. Адам тағдыры ойыншық емес екендігі айтпаса да түсінікті.

АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Көктемнің алғашқы күніндегі шуаққа малынып, адамдардың көңіліне қуаныш сыйлаған 1 наурыз – Алғыс айту күні Достық үйінде «Қазақстан – қайырымды ел» атты форум аясында мерекеленді. Осымен екінші рет аталып отырған айтулы күнді мерекелеуді Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында ұсынған болатын.



Қазақ халқына ризашылық

Мәди АЛЖАНБАЙ

Қазақ даласына қуғындалып келген көптеген халық бүтін нанын бөліп, жарты нанын жарып берген жергілікті халықтың қонақжайлылығын, жайдарлылығын, адамгершілігін ұмытпақ емес. Соған орай еліміздегі көптеген ұлт пен ұлыстың өкілдері қазақ халқына және өзара бір-біріне Алғыс айту күні ретінде бекітілген еді. Сондағы сөзінде Мемлекет басшысы елімізге жер аударылып келген халықтарға көрсетілген құрметтің, ықылас-пейілдің шынайылығын атап өтіп, өздерінің екі бөлмелі қоржын тамдарына үш балалы отбасының келгенін тебірене еске алған болатын.

Осыған орай өткізілген облыстық форумға қатысушылар Қазақстанның жеткен жетістігіне үлкен үлес қосушылар қатарында болғандарына шүкірлік айтып, еліміздегі бейбітшіліктің, тыныштықтың, тұрақтылықтың баянды болуын тіледі. Өзара жақсы тілек айтылып, бір-біріне алғыс айтқан көпшілікті Достық үйінің атынан құттықтаған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай Алғыс айту күнінің маңыздылығын түсіндіріп өтті.

– Алғыс айту күні – халқымыздың дәстүріне айналған мейірімділік және жанашырлық секілді асыл қасиеттерін күллі әлемге паш ететін күн. Бұл күні саяси күғын-сүргін жылдарында жер аударылып, сағым құған сайын далаға жеткен көптеген халықтардың көрген азабын жеңілдетуге, тартқан қорлығын сейілтуге үлес қосқан қазақ халқына алғыс айтылып, бүгінде тату-тәтті тіршілік кешіп жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің кеңбайтақ еліміздегі бейбітшілік пен тыныштыққа шүкір етуі жақсы сөзбен дәріптеледі. Осынау жарқын да қуанышты мерекеге қатысып отырғандарыңыз үшін сіздерге ризашылығымды білдіргім келеді, – деген Ғабит Тұрсынбай көктемнің алғашқы күнін ана мен бала арасындағы сөзбен жеткізе алмайтын асыл сезімдерге теңеді.

Осыдан соң облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан білім, денсаулық сақтау және мәдениет саласының құрметті ардагерлерін Алғыс хатпен марапаттап, бағалы сыйлықтар табыстады.

Көпшіліктің атынан сөз алған «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің мүшесі Светлана Гаитова салтанатты шараға қатысушыларды құттықтап, түрлі жобалар мен өркенді істер жүзеге асырылған тәуелсіз Қазақстанда бірлесе, ұйымдаса өмір сүріп жатқан халықтардың ауызбіршілігінің баянды болуын тіледі. Сондай-ақ, ана тілдерін сақтап отырған ұлттар мен ұлыстар үшін басты байлық бейбітшілік пен келісім екендігін еске салды.

Жиын соңы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясына қарасты этно-мәдени бірлестіктер ұйымдастырған концерттік бағдарламаға ұласты.

Бірлікті ел берекелі

Өткен жылы Елбасы 1-наурызды Алғыс айту күні деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойды. Биыл екінші жыл қатарынан тойланып отырған мерекені Кербұлақ ауданының тұрғындары ерекше атап өтті. Оған Сарыөзек кентіндегі Әбікен Сарыбаев атындағы Мәдениет үйінде өткен «Отандастарға мың алғыс» атты мерекелік шарада көз жеткіздік.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматқа тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз», – деген болатын. Расында да еліміз жиырма бес жыл ішінде Елбасының осы ұстанымын ту етіп, әркез бір шаңырақтың астында ынтымағы бұзылмай, ырысы шайқалмай күнелтіп келеді. Халқымыз небір қиын-қыстау кезеңде арып-ашып келген ұлт пен ұлыстың ұрпағын бауырына басып, ақ дастарқанын жайып қарсы алды. Тәуелсіздік алғаннан кейін де ақжарқын көңілімізге кірбің түспеді, татулығы жарасқан ынтымақты ел ретінде өркениетті әлемге танылдық. Күреңбелдіктердің шаттыққа толы пейілі мен қуанышты жүзінен соны аңғардық. Мәдениет үйінің алдында бірімен бірі емен-жарқын жүздесіп, құшақ айқастыра амандасып, Отанға, ата-бабаларға, бүгінгі бейбіт заманға алғысын арнаған, берекесі мен бірлігі ұйыған елдің тірлігіне риза болдық.

«Бақ, қайда барасың?» – деп сұрағанда: «Бірлігі жарасқан, берекесі ұйыған елге барамын», – деген екен. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық салтанат құрған жерде, қашанда, нәтижелі істер атқарылатындығы анық. Мінберге көтерілген аудан әкімі Бағдат Әлиев күреңбелдіктерді мерекемен құттықтап, жылы лебізін арнады. Аудан халқының «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» ынтымақтың арқасында жеткен жетістігін тізбеледі. Әсіресе, адамдардың сыйластық туралы түсінігін кеңейту, ризашылық пен ұлттар арасындағы қарым-қатынасты дамытудың өркениетке жетудің өлшемі екенін атап айтты. Сондай-ақ, бұл күннің тағдыр тәлкегімен Қазақстан аумағына қоныс аударған түрлі этностың миллиондаған өкілінің қазақ даласы мен қонақжай қазақ халқына алғыс айтатын күні екендігін ерекше ілтипатпен жеткізді.

Расында, елімізде мекен ететін әр ұлттың өзіндік ұстанымы, салт-дәстүрі болғанымен ұлттық ерекшеліктері достық қарым-қатынасқа ешқашан кедергі келтіріп, сызат түсірген емес. Соның ішінде Жетісу өлкесін мекендейтін жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың ұйығанбірлігі мен достығы көптеген елге үлгі-өнеге болуда. Жеруйыққа айналған Жетісуды мекендеген түрлі ұлт өкілі өзіне ғана тән дәстүрлік ерекшелігін сақтай отырып, қазақ ұлтымен бірге өркендеп, өсіп келеді. Бұл туралы Алтынемел ауылының тұрғыны, «Байғазы» шаруа қожалығының басшысы, «Құрмет» орденінің иегері, Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы, орыс ұлтының өкілі Юрий Дембицкий, Жайнақ батыр ауылының тұрғыны, жеке кәсіпкер, татар ұлтының өкілі Райхан Шангереева, Сарыөзек орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, орыс ұлтының өкілі, қазақтың келіні Оксана Дорошкеева айтып берді.

Айта кетерлігі, бұл күн «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының, сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясының да құрылған күні. Сондықтан шара аясында ауданның өркендеп, өсуіне үлес қосып жүрген бірқатар азамат «Нұр Отан» партиясы Кербұлақ аудандық филиалы төрағасының Алғыс хатымен марапатталса, тағы да бір топ белсенді тұрғынға «Нұр Отан» партиясының мүшелік билеті табысталды.

Қ. ОМАРАҚЫН.

Сарыөзек кенті, Кербұлақ ауданы.

Жетім көрсең жебей жүр

Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған халықтың ұрпағы бүгін де бабалар ізін жалғап келеді. Оған дәлел Талдықорғандағы «Сити плюс» сауда орталығында өткен «Алғысым шексіз» атты қайырымдылық шарасы.

Айдар ҚАЛИЕВ

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, жастар ресурстық орталығы, «Жас Отан» Жастар қанаты облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен шарада «Айналайын» балалар үйінің бүлдіршіндеріне тегін «Анамды іздеймін» атты киносы көрсетіліп, артынан дәмді тағам берілді. Игілікті іс-шараға «Қышлақ» мейрамханасының демеушілік етіп отырғанын да айта кеткеніміз жөн. Мұндағы басты мақсат балаларға қамқорлық жасап, аталмыш кино арқылы олардың өмірге деген құлшынысын арттыру.

Шара облыстық жастар мәселелері басқармасының басшысы Айдын Нұрмұхамбетовтың алғы сөзімен бастау алды. Ол бүгінгі шара алғыс айту күніне орай ұйымдастырылып отырғанын және өңірімізде қайырымдылық шарасын жиі өткізіп, жетім балаларға қолдау көрсету керектігін, – айтты. Осыдан кейін балаларды кино көруге кіргізді.

Олар жаңа туындыны қызыға көріп, тамаша әсер алды. Тіпті, фильмді тапжылмай көріп отырғандардың арасында көзіне жас алғандарды да байқап қалдық. Кино аяқталған соң, бүлдіршіндер «кинокомедия жанрында өрбісе де үлкен әсер алдық», – деп, ұйымдастырушыларға шексіз алғыс жаудырды.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу
1918–2017

№27 (18303), 7 наурыз, 2017 жыл

ӨЗДЕРІМЕН КӨҢІЛІМ – КҮЙ, ӘН КЕУДЕМ

СЫР-СҰХБАТ

Дәстүр ана сүтімен дариды

«Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербейді» деген қанатты сөз қағидаға айналғалы қашан. Бүгінгі қоғамда нәзік жандар ұрпақ тәрбиесі, отбасы берекесімен қатар мемлекет ісіне де араласып, бұл салада да өздерінің ер-азаматтардан кем емес екенін көрсетуде. Осыған орай біз ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді сақтау, жаңа заманға сай өркендету жолында тынымсыз еңбек етіп келе жатқан қоғам қайраткері Оразгүл АСАНҒАЗЫҒА бірер сауалымызды қойған едік.

– Еңбек жолыңызды бастаған ұстаздықтан бері тартып, Парламент мінберіне халық атынан шыққан кездеріңізде де ел сөзінен жаңылмай келесіз. Әйел тағдыры, қыз тәрбиесі жөнінде айтқан пікірлеріңіз көптің көкейіне қонады. Бүгінгі қазақ қоғамындағы әйелдер келбеті жайлы не айтар едіңіз?

– Ұлы жазушы М. Әуезов: *«Адам баласы бір үлгі аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды. Біздің бала күніміздең елжіреп сүйетін кісі кім? Ол – анамыз. Бұлай болғанда біз адамшылығымызға ірге болатын құлықты әкеміз қандай ғалым болсын, қой сауып, тезек теріп жүрген анамыздан аламыз. Бұлай болғанда өмірінде ғаділет, мархамет, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың харекеті үй іші мен отбасынан, ғайбат өсектен аспаған анадан ақ жүрек, адал ниетті қамқор жан тууы мүмкін бе?Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!»* – деген екен. М.Әуезов айтқандай, қазақ әйелдерінің әрекеті, тілі, сөзі дұрыс, таза болған жағдайда өскелең ұрпақтың ойы ұшқыр, тілі мен жүрегі таза болмақ. Бұрынғы қазақ әйелі де, қазіргі қазақ әйелі де өзінің инабаттылығын, тәрбиелілігін жоғалтқан жоқ. Тәуелсіздік таңы атқалы халқына да, отбасына да тіреу болып, біліктілігімен, білімімен, жеке іс-тәжірибесімен үлгі-өнеге болып жүрген әйелдер жеткілікті. Бүгінгі әйелдің келбетін екі сипатта беруге болады. Бірі – отбасының ұйытқысы болып, ер азаматына сүйенішін, ұл-қызына мейірімін, ел-жұртына ықыласын, қоғамға еңбегін тигізіп жүрген абзал жан. Екіншісі, эттен деген үлкен өкінішпен күйзеліп айтатындай баладан безген тасбауыр, ағайынға сыйсыз өсекқұмар, жарына салқын жеңіл жүрісті әйелдер. Ауыр тисе де айтайын, мұндай әйелдердің әрекеті ұлтқа таңба салып жүр. Бұлардың алдын алуымыз қажет.

– Ұлттық салт-дәстүр мен жаһандану үдерісі арасында күрес жүріп жатқан сияқты. Қыз баланы мұндай жаһандану дәуірінде қалай тәрбиелеуге болады?

– Салт-дәстүр – халық даналығының қаймағы, балаларға берілетін рухани уыз. Уызына жарымаған жас төлдің отаймайтыны белгілі. Ал рухани уызға тоймаған жасөспірім жат ағымның «вирустарына» қарсы тұра алмайды. Сол себепті де баланы нәрестеден күнінен бастап салт-дәстүрмен сусындатып өсіру керек. Әрине, дәстүрдің озығы да, тозығы да болады. Тозығын тастап, озығын үйрету сіз бен біздің міндетіміз. Жаһандану үдерісіне келер болсақ, жалпы елдің дамуына игі әсерін тигізетін құбылыс деп бағалаймын. Тарихқа көз салсақ, небір ұлы державалардың екінші бір елдің жақсы дәстүрлері мен озық ойларын пайдаланғанын көреміз. Біздің жастарымыз да шетелдің озық технологияларын пайдаланып, ғылым мен техникадағы, мәдениеттегі жетістіктерін өз бойларына сіңіре білсін. Оқысын, үйренсін, бірақ «қырық жыл қырғын болса да ажалсыз қалады» дегендей, рухани уызға жарыған бала шетелдің жат ықпалына түспейді. Шетелде білім алып, оның озық мәдениетін меңгергенімен, ана сүті арқылы дарыған ұлттық құндылықтарын ұмытпайды.

– Отбасы мен лауазымды қызметті қатар алып жүру қаншалықты қиын?

– Әрине, қиындығы бар. Екі жаққа да үлгеріп жүрген әйелдердің есімдерін тізбектей беруге болады. Өмір тәжірибемде қызмет етіп жүрген әйелдердің отбасында да жинақы, ер азаматына да сыйлы, бала-шағасына да бас-көз болып отырғандарын жиі кездестірдім. Ал керісінше кейбір үйде отырған келіндеріміз бен жеңгелеріміздің «төсегі жиналмай» жататындары да бар. Дегенмен, әйелдердің отбасы мен лауазымды қызметті қатар алып жүруі ең алдымен отағасы мен ата-енесіне де тікелей байланысты.

– Бала тәрбиесі мен отбасы татулығын сақтауда ер мен әйелдің алар орны қандай?

– Қазақта: «Ерлі-зайыпты соқаның қос өгізіндей» деген мәтел бар. Кез келген жағдайда екеуінің жауапкершілігі бірдей. Отағасы отбасының қамқоры, асыраушысы, қорғаны болса, әйел – үйдің шырағы, берекесі мен ұйытқысы. Отбасындағы барлық ауыртпалықты бір әйелдің мойнына жүктеп қою жақсылыққа апармасы анық. Бала тәрбиесінде әкенің алар орны жоғары екені ғылыми дәлелденген дүние. Керісінше, анасының қамқорлығын ғана көрген жеткіншектер толық тәрбие ала алмайды. Ажырасуды ойлаған ер мен әйел алдымен осыны назарларына алса деймін.

– Мерекеге орай жетісулық қыз-келіншектерге, апа-әжелерімізге айтар тілегіңіз.

– Еліміздің ертеңі жастардың қолында, ал сол жастарға тәлім-тәрбие беретін тұлға – аналар. Бүгінгі бүлдіршін қыздар – ертеңгі келін, бүгінгі жас келіндер – ертеңгі ана, бүгінгі аналар – ертеңгі ақ жаулықты әже. Осы тізбек үзілмей, жалғасын таба берсін! Әр шаңырақ сәбидің шадыман шаттығына, ананың мейірімді күлкісіне, әкенің қамқор үніне толсын!

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Қуат ҚАЙРАНБАЙ.

АТА КӘСІП

Фермер апа

Матай тауының етегіндегі Шоқан атындағы ауылда төрт түліктен береке өргізіп, бақуатты тіршілік жасап жатқан қаракөздердің қатары көп. Сол қатарда атакәсіпті жалғастырып, шаруа қожалығының бағын ашып, балаларына ақылшы, басқаларға қамқор болып жүрген Загүл БАЗЫЛЖАНОВА апамызды айтуға болады. Биыл жетпіс деген мерейлі жасқа шыққан апамыз жас күнінен еңбекке араласып, өмірдің сан соқпағынан өтіп, бүгінде кәсіптен нәсіп тауып, жұртқа үлгі болып жүр.



Қажет АНДАС

Загүл апаның ата-анасы Базылжан Қалмақбаев пен Нұрбүбі Қасымқұлқызы атакәсіппен айналысып жүріп-ақ өңірге өзіндік үлесін қосып кетті. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, Әкімжан, Білімжан, Кәріпжан, Амангелді сияқты аға-бауырлары қызмет бабын қаладан қарастырғанда, апамыз еңбек жолын бірден туған ауылынан бастайды. Жас маманның бағына Жетісудың мақтаншына айналған Зылиха Тамшыбаева кездесіп, бірнеше жыл қатар жұмыс істейді. Өмірлік жолдасын да сол ауылдан табады. Зейнолла Абақовпен ынтымағы ұйыған отбасын құрып, алты баланың анасы атанады. Өмірінде қанша жақсы ұсыныстар болса да, қандай қиындық көрсе де атакәсіпті түлетуден ешқашан бас тартқан емес. Оның жайын былай түсіндірді:

– Бала күнімізде әжелеріміздің: «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар. Бәрінен де қой бағып, құйрық жеген озар», – деген тәрбиесі ес кіргенше есімізден кетпейтін. Әрине, айтпағымыз бұл емес. Бірақ жылқыны алғаш қолға қондырған, қойды өріске, сиырды табынға үйреткен, есі кеткенде ешкі бағудың пайдасын баяғыдан пайымдаған халқымыздың дәл бүгінгі өркениетті қоғамда жабағы мініп, жасып жүргені көңіліңе ауыр тиетіні жасырын емес. Тіпті, өрісте оншақты сиырын жайып, отызшақты қойын өргізіп, төрт-бес жабағыны оттатып отырған қара көздеріміздің халын көріп, қарның ашады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өндіріс тоқырап, шаруашылық тоналып, әркім өз басының мұңымен күйбің болғанда мен әкемнің шаруашылығын ұстап қалуды ойладым. Сонымен төрт түлікті төлдетіп, ірі қараны өргізіп, қымызды пісіп, ауылдан көшпей тіршілік етуге кірістік. Соның игілігін бүгін көріп отырмыз, – дейді Загүл апа.

Загүл апа басшылық ететін «Абылай» шаруа қожалығы Күреңбел өңіріне танымал. Матай тауының бөктеріндегі қожалықтың шаруасы шалқып тұр. Өрістегі қой, ірі қара, жылқы түлігінің сүті мен қымызын, құрты мен майын саудалап, етін Алматыға өткізіп жыл сайын қомақты табыс табады. Ал 2000 жылдан бастап, мал шаруашылығымен қатар шағын және орта бизнеспен белсене араласады. 2003 жылы аудан орталығы Сарыөзек кентінен «Көктем» атты дүкен ашып, ауданды азық-түлікпен қамтамасыз ете бастайды. Араға біраз жыл салып, дүкеннің жанынан «Матай» кафесін іске қосты. Ауылдағы қуаныштардың дені осы жерде өтеді. Кафеге керекті азық-түлік, көкөніс, ет өнімдері шаруашылық алқабында дайындалады.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», – дегендей, апамыздың тағы бір қажырлылығы – Зейнолла атамыз өмірден өткеннен кейін алты баласын оқытып, қалаған мамандығының иесіне айналдырғандығы. Бүгінде балалары спорт, әскер, банк, құқық қорғау, тағы да басқа салада жұмыс істейді. Мал шаруашылығына қатысты жұмыстарды ұлы Ерден Абақов қадағаласа, апамыз Сарыөзектегі бизнесті айналдырып жүр. Сонымен қатар, аудандағы мәдени-рухани іс-шараларға қолдау танытып, қайырымдылықпен де айналысады. Жыл сайын тұрмысы нашар отбасының бірнеше баласына оқу құралдары мен киім-кешек әпереді. Оның үстіне, қамқорлыққа зәру адамдарға қарайласып тұруды да әдетке айналдырған.

«Осындай игілікті жетістікке атакәсіппен айналысып, болашаққа дұрыс жоспар құрғаным жеткізді», – дейді Загүл апа. Біз де апамыздың еңбегіне риза көңілмен қайттық.

Кербұлақ ауданы.

8

Сіз сыйлаған сыйлық



Анаңызды алғаш қуантқан кезіңіз?

Қуаныш СҰЛТАНОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– «Мен қуанттым», – деп айтудан гөрі бұл сұраққа анамның өзі жауап бергені жақсы болар еді. Алайда ол кісінің жарқын бейнесі көңілде тәтті естеліктер болып сыр шертуде. Анамды ең алғаш қуантқаным – өмір есігін ашқан сәтім болса керек. Ол кезде қуанбайтын ана жоқ шығар! Баланың бақыты анада болса, анасының да бақыты перзенті. Өткен күннің еншісіндегі көріністерді еске түсірсем, мектепке барған алғашқы күнімнен бастап анам сабақтан алып келген «бестік» бағама, тіпті, мектептен үйге келгеніме қатты қуанатын. Үйге келген соң мектепке киетін ақ көйлек, қара шалбарымды орындықтың үстіне ыңғайластырып жинап қойғаныма қуанатын. Мектептегі көркемөнерпаздар концертінде өлең оқығанымда анамның қуанышында шек болмады. Анамды қуантуға қашанда құштарланып жүруші едім.

КІЛ ЖҮЙРІК



Спорт деген бегзада өнерді жанына серік еткен жандардың арасында қыз балалардың көптігі қуантады. Ер жігіттің тісі батпайтын спортқа аяқ басып, сол дүбірде олжа салып, биік шыңға шығып жатқандар қаншама?! Ал мен сөз еткелі отырған ару қыз нағыз өзіне жарасымды спорттың түрін таңдап, ел намысын биіктен көрсетіп жүрген нәзік жан.

ЖЕЛАЯҚ ҚЫЗДЫҢ ҚҰРМЕТІ

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Гүлжанат Жанатбекова, жастайынан спортпен шұғылданып, бүгінде ел құрамасының мүшесі болып жүр. Ақсудан қанаттанған қарлығаш алғашында волейбол ойынымен шұғылданады. Тәп-тәуір ойын үлгісін көрсетіп жүрген Гүлжанат жарыс кезінде жарақат алып, спорттан аластатылады. Бойында қайсарлық пен өжеттік бар жас талант бойын қайта тіктеп, волейболға қайта келеді. Өкінішке қарай, бапкерлік кеңес пен дәрігердің берген анықтамасы Гүлжанаттың алдынан шығып, волейболдан біржола қол үзуге өкеп соғады. Бар жан-тәнімен спортқа берілген ақсулық қызға бұл жайт ауыр соққы болып тиді. Бірақ оған мойымады, сынбады. Бар күш- қайратын бойына қайта жинап, жеңіл атлетикаға бет бұрды.

Алғашында өзінің денсаулығы үшін шұғылдана бастаған Гүлжанат, артынша кәсіби тұрғыда дайындалуға көшті. Жаратқанның берген дарыны болар, қатысқан бәсекесінен олжасыз қайтпайтын болды. Жаттықтырушылар да жас қыздың бойынан талап пен жігерді, бір ұшқынды сезсе керек тыңғылықты баптауға кірісті. Үміті қайта оянған Гүлжанаттың құштарлығы жеңіл атлетикаға ауды. Тіпті, жүгірмесе тұра алмайтындай күй кешті. Жеңіл атлетиканың да жеңілі бар. Ал, Гүлжанаттың таңдағаны ұзақ қашықтыққа жүгіретін марафон бәсекесі. Ұзын жолды бетке алып, 42 шақырымда желмен жарысып, қарсылас біткенді шаң қаптырды. Осылайша Гүлжанаттың нақты жолы белгіленіп, үлкен спорттағы қиын да, қызықты күндері басталды. Енді оның мақсаты алыс жақын шет мемлекеттерде бақ сынап, ел намысын жоғары ұстау. Бұл ретте анасы Бибігүл көп көңіл бөлді. Оның алғашқы ақылшысы да, бапкері де анасы болды. Спорттан қол үзіп қалған кезде үнемі сүйеу болып, қайта қалыптасуына, үлкен спортқа қайта оралуына себепші болған да анасы. Ана жүрегі алдасын ба, бір жақсылықтың болатынын, үнемі тұманды күн емес, артынан шуақты күн шығатынын білген анасы Гүлжанаттың қайратына күш қосып, нақты бағытын айқындауға жол сілтеді. Дәл осы кезде Гүлжанаттың да рухы оянып, осыншама қиындықты көтеріп, нардың жүгін арқалаған анама сыйлық жасасам деген ой келді. Әркез мерекеде сыйлықты назардан тыс қалдырмайтын Гүлжанат бұл жолғы менің анама деген қуанышым басқаша болсыншы деп ой түйді. Ол әлемдік сынның жүлдесі еді. Сол жылы Түркияда үлкен марафоннан халықаралық турнир өтті. Әлемнің желаяқтары жолыққан байрақты бәсекеде үшінші орынды иеленген Гүлжанат анасына қола жүлде мен халықаралық дәрежедегі спорт шебері деген күәлікті сыйға тартты. Ана көңілі шат. Қызының жетістігіне қуана білген Бибігүл спортшы қыздың жолына сеніммен қарады.

Расымен де, анасының ақылы, бағыты алдамады. Бұдан кейін Гүлжанаттың спорттағы тасы өрге домалап, жеңіс тұғырынан қол бұлғайтын күндері көбейді. Азияның қола жүлдесін мойнына тағып, елге өлшеусіз шаттық сыйлады. Рио Олимпиадасының жолдамасын ұтып алып, төртжылдықтың басты додасында бақ сынады. Жүлдегерлер санатына енбеді дегеніміз болмаса, оған дейінгі сүрлеуі қиын кедергіден өтудің өзі әр адамның қолынан келе бермейтін іс. Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы атанды. Ал мына қызықты қараңыз. Спорт деген бір сықыр деп айттық емес пе? Үлкен спортқа жолыққан әрбір майталманда мереке деген күн жоқ. Ол күні жанталас жарыста, моншақтап төккен тер мен қайратты жаттығудың үстінде болатын кезі көп. Осындай жаттығудың бірі Гүлжанатқа дөстүрге айналған. Дәл 8 наурыз күні барша ананың құрметіне 8 шақырымға жүгіреді. Бұл оның аруларға деген сыйлығы. Ал биыл 30 шақырымды жоспарға алып отыр. Жолың болсын, желмен жарысқан желаяқ қыз!



ПЕРЗЕНТ ҮНІ

Болат ӘБДІЛМАНОВ – бұл есім елімізге кеңінен таныс. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Театр және кино өнерінің хас шебері. Алайда біз бүгін актер туралы емес, оған ақ сүт беріп өсірген, тәрбиелеген, қанаттандырған, даңғыл жолға салған аналары жайлы айтқанды жөн көрдік.



Туған анасы, актриса Алтын РУЖЕВА.



Баққан анасы ШӘРБАНУ апа

Қос ананың құшағы

Болат МӘЖИТ

Байқап отырған шығарсыздар, сөзді көпше түрде аналары деп бастадық. Болат үшін бұл дүниеде қымбат екі адам болған. Оларды әлі күнге дейін ет жүрегі елжіреп сағынады. Екеуін ешқашан бір-бірінен бөліп қараған емес. – Біздің әулет өте ынтымақты болыпты. Татулықтарына ел сүйінген. Бүтінді бөліп, жартыны жарып жеген. Сондықтан да ғой, әкем өзінің ағасы Мәзімбай мен жеңгесі Шәрбануды төбесіне көтеріп сыйлаған. Алдарынан қия өтпеген. Отағасы осындай болған соң, әулеттің келіні – анам да қалыптасқан дәстүрді берік ұстаған.

Кейде жаны жайсаң жандардың жұрт біле бермейтін уайым-қайғысы болады. Мәзімбайдың жанын ауыртқан жай оларда бір нәрестенің болмауы еді. Бұл қиындықты қалай оңалту керек? Інісі мен келіні ойластыра келіп тәуекелге бел буады. Содан кейін мені – туған ұлын сол кісілердің еншісіне береді. Туыс көңіліне қараған мұндай ерліктер қазақ әйеліне тән ерекшелік пе деп ойлаймын, – дейді актер әңгімесін бастап.

Кішкентай Болат еншілеген әке-шешесімен бірге Ақсу өңірінде қалады. Қаракөз деген ауылда өсіп, ержетеді. Әкесі ұжымшарда жұмыс істеп, белді шопандардың бірі атанады. Ұлдарын да сол кәсіпке баулығысы келеді. Әсіресе, жадыраған жазда Болат жайлау қызықтарын бастан кешіретін.

Шәрбану анасы барын баласының алдына тосты. Мал қайыруға шықса да ол келгенше тамағынан ас өтпей аландаған. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік оты ешқашан бәсеңдеген емес.

– Қарапайым малшының жұбайы болса да Шәрбану анам өте сұңғыла жан еді. Қазақтың салт-дәстүрлерін жетік білетін. Оның озығы мен тозығын дәл ажырататын. Сондықтан шығар айналасына беделді болды. Ақсудың жері киелі ғой. Жыр құлагері Ілияс Жансүгіров осы өлкеден бекер түлеген жоқ. Әсем табиғат, асқар таулар бір-бір дастан секілді. Оқып тауыса алмайсың. Шәрбану анам мені сол табиғатты сүюге, қоршаған ортаны жақсы көруге үйретті, – дейді Бөкең.

Орта мектепті бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына түсу үшін сол кездегі Жамбыл қаласына жол тартады. Өйткені мұнда жеңіл өнеркәсіп саласының мамандарын дайындайтын технологиялық институт бар. Ондағы терi өңдеушілер факультетін таңдады. Себебі, малшының баласы бұл жұмыстардың біраз қырларына ежелден қанық. Енді оны кәсіби деңгейде меңгерсе жеткілікті. Терi өңдеушілер сол уақыттарда ауылға өте керек еді.

Екіншіден, қалада әкесінің інісі мен келіні тұрады. Алтын жеңгесі облыстық драма театрында актриса. Олар Болатқа бас-көз болады, бұл оларға сүйенеді. Қазақтың «Тура суда туғаның болсын» дейтіні сондықтан ғой.

– Жолым болды, ата-анам көрсеткен оқуға түстім. Қаладағы туыстарымның үйінде тұрдым. Өздері көпбалалы отбасы екен. Туыстарым маған жақсы қарады. Әсіресе, жеңгеме дән ризамын. Ол кісінің маған деген ықыласы мүлдем өзгеше.

Алтын жеңгемнің арқасында театр өнерінің сырларына қанығып бастадым. Менің қызығушылығымды ол кісі де байқады. Сондықтан спектакльдерге жиі шақыратын. «Менің актриса жеңгем бар», – деп курстастарыма мақтанамын. Театрға оларды да ертіп барамын. Тегін кіретін спектакль студент үшін үлкен олжаның бірі емес пе? – деп күледі Бөкең.

Сонымен, жас жігіттің аңсары бірте-бірте өнер әлеміне қарай ауа бастайды. Бойындағы бұл өзгерістерді алғашында елемегенмен, жаны жаңа таңдауға қарай бұрылғанын бәрібір аңғарады. Оны өзі ғана емес, актриса жеңгесі де сезген. «Сенің сөзіңде де, көзіңде де, кейбір қимыл-әрекеттерінде де сахна өнеріне лайық белгілер бар. Түбінде осы жолға түсетін шығарсың. Егер таңдауың солай болса ештеңеден жасқанба. Жүрегіңнің қалауына құлақ түр», – деді.

– Қазақстанның Халық әртісі Алтын Ибрагимқызы Ружеваның жеңгем емес, маған жарық дүниені сыйлаған туған анам екенін 18-ден асқанда ғана бірінші рет білдім. Кім біледі, дүниеден озарында бұған дейін ашылмаған құпияны алыстағы анам абысынына айтты ма екен деп те ойлаймын. Менің басқалардан ерекшелігім, екі ананың жүрек отына бірдей жылындым, – дейді аналары туралы сыр шерткен Болат аға.

Ең қызығы, актриса Алтын Ибрагимқызының өз тәрбиесінде болған балаларының бір де біреуі ол кісінің өнерін жалғамапты. Басқа саланың мамандары атанған. Ал осынау мәдени ортадан алыс, қыр жайлаған малшылар арасында өскен Болаттың туған анасына аумай тартқаны еріксіз бас шайқатады. Қанда бар қасиет деген осы. Сөйтіп, Болат Мәзімбайұлы екі шаңырақтың да қуанышы мен мақтанышына айналған.

– Анам Алтын туралы айтар болсам, ол кісі Ақтөбе облысы, Н. Байғанин ауданының тумасы. Жас кезінен-ақ өнерге бетбұрды. Алматыдағы киноактерлар дайындайтын мектепті бітірді. 30 жылдан астам Жамбыл облыстық театрында тұрақты еңбек етті. Қалың көрерменге Островскийдің «Жазықсыздан жапа» спектакліндегі Кручининаны, «Айман – Шолпанда» – Айман, «Еңлік – Кебекте» – Еңлік, «Қара қыпшақ Қобыландыда» – Қарлыға, «Ақан сері – Ақтоқтыда» – Ақтоқты секілді кейіпкерлер бейнесінде көрінді. Құрмет-қошеметке бөленді.

1978 жылы Атырау қаласындағы облыстық драма театрын басқарды. 1983 жылдан соңғы уақыттарына дейін Талдықорғандағы театрда жұмыс істеді. Қазір Талдықорған қаласындағы көшелердің бірі менің анам Алтын Ружеваның атымен аталады.

Өзі ғана биікке шыққан жоқ, көптеген шәкірттерді тәрбиелеп, оларды қырандай самғатты. Солардың бірі – мына менмін. Ол кісі анам ғана емес, ұстазым, ұлағатым еді. Ең қымбатты екі адам – екі анам менің жүрегімде өмір сүріп жатыр, – деп Болат аға тебіренген қалыпта сөзін аяқтады.

Әбділмановтар отбасы бірін-бірі көктем мерекесімен құттықтаудан бұрын, екі ананы еске алады. Олар туралы сыр шертеді. Өмір сабақтастығы деген міне, осы шығар.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

ҮЗІНДІ

Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША

Аилвасин Шафика – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Алибеккызы Курбангуль – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Аскарова Кундыз Аяповна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Асхарова Кульнази Бейсембаевна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Асылбекова Марзия Нурмухамедовна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Балтабаева Хатча – үй шаруасында, Талғар ауданы
Бухарбаева Гуляш – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Ергарина Бостан – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Еремина Татьяна Владимировна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Жарылгапова Толкын Ибатовна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Жорабай Айгүлсін – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Илипова Бахытгуль Омурзаковна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Иманкожаева Женискуль Уркинбаевна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Карибаева Гаухар Куанышбаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Карманова Ару – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Кемилева Зарина Серверовна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Маглумжанова Батима Алмахуновна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Мұсабек Жәмихан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Нургазиева Раушан Шарипхановна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Оразбаева Ақсауле Мутыллаевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Сарсебаева Куляш Куралбайевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Сарыбай Фариба Маматаминкызы – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Таңқай Камалхан – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Уалиева Махаббат Касиевна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Утеулиева Перуза – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Шагоджаева Мейрамкул Наймантаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Якыпова Гулайым Айтмуратовна – үй шаруасында, Талғар ауданы

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Абдалиева Гульнара Рысбековна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Айгелова Гульсин Заурбековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Айманова Айнур Мажитовна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Акбердиева Шарипа Жумагалиевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Акежанова Мансия Кажимуратовна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Алдашова Турсынгуль Бозгулбаевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Алибекова Нургуль Алибековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Ануарбекова Алма – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Асей Хазира – үй шаруасында, Іле ауданы
Ахаева Майя Чапаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Баженай Мангинур – үй шаруасында, Текелі қаласы
Байтикова Гульзия Бекболатовна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Байтуганова Айгуль Сабитовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Бастанжиева Белур Зульфикаровна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Баташева Бақтылы Тұқпақызы – үй шаруасында, Талғар ауданы
Бейсембекова Гулбану Жаксылыковна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Бейсенбаева Нуржамал Жарылкасыновна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Бекетаева Даметкен Бисеновна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Биманбетова Гульнар Темиргалиевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Бокенова Жанар Абзалбековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Гасанова Сона Черкасовна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Данбаева Бибигуль Турсынбаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Джакенова Тазаш – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Досмағамбетова Гүлзат Құрақбайқызы – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Дөрбәтқан Ырысжан – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Есболатова Толкын Омарбеккызы – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Жаманбаева Райхан Имамовна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Жанкабыл Фатима – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Жансултанова Айман Ашимовна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Жекебекова Жазира Орынбасаровна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Жолдасова Алия Елубаевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Ибрагимова Ирада Сабировна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Илипова Гульфия Алимбатыровна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Исабаева Ельмира Нурахметовна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Исмаилова Гульмира Абламбековна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Кадирова Айида Ахметовна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Кадирова Перизат Мынжасаровна – үй шаруасында, Іле ауданы
Кадырова Шамшибанум Розахуновна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Каипова Тогжан Мырзагалиевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Кайырбекова Анар Майлыбаевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Калыбаева Гульнур Иргабыловна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Кандекбаева Гульзира Хусаиновна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Касымова Тынышкуль Турсумбаевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Кенжебекова Айсауле Мухитовна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Киясова Кенжегуль Темирхановна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Кожаикызы Гулзат – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Кожахова Жансулу Арысбаевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Кокен Камария – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Кульбаева Нуркен – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Қаратамыр Нұрбибі Мұхамедкәрімқызы – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Қарсыбекова Айгерім Ахметжанқызы – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Құдайберген Алтын – үй шаруасында, Текелі қаласы
Құнапия Жібек – үй шаруасында, Текелі қаласы
Маймыева Жанар Джаилхановна – үй шаруасында, Іле ауданы
Малбагарова Нагима Орынбасаровна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Мантыбаева Гульзада Касеновна – үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Мәкен Күлшат – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Молдабекова Кулшат Бекеновна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Мондиярова Лиза Мукажановна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Мусабекова Саттигуль Несипжановна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Мухамеджанова Динара Бекжановна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Муханова Мухабат Турсуновна – балабақша тәрбиешісінің көмекшісі, Қапшағай қаласы
Мұқали Тұрымхан – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Мүтәліп Ризагүл – үй шаруасында, Текелі қаласы
Мыктыбекова Айгуль Гомаровна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Наурызбекова Жанат Жаркынбековна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Немербаева Сауле Базарбаевна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Ниязова Ракия Сыдыковна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Нургалиева Акмарал Жаксылыковна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Нургизат Жаинагул – үй шаруасында, Талғар ауданы
Нурхайдарова Самал Нурлановна – үй шаруасында, Іле ауданы
Нұрғали Ельмира Мәсенқызы – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Омирбаева Дамегул Алимбаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Орынбаева Саламат Турдыбаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Өкіл Мейраш – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Өмірбек Райхан Өмірбеккызы – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Полат Айше – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Полат Бибигул – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Рахимова Алма Мусахановна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Рысқұл Жазира Рысқұлқызы – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Сагаш Манира – үй шаруасында, Іле ауданы
Салкимбаева Райхан Сейтказыевна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Сарсенова Перизат Уснатдиновна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Саруар Әсия Саруарқызы – үй шаруасында, Іле ауданы
Сатыбалдиева Жадра Кайратовна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Сеитова Захида Экберовна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Скакова Гульбану Амиржановна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Сламжан Жазира Сламжановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Сойырқас Сұлукас – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Султанова Жамиля Изтлеуовна – үй шаруасында, Көксу ауданы
Суменова Сандугаш Алимжановна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Сыдыкова Куралай Медетпековна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Сыдыкова Нурбана Мариповна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Сырлибаева Балсулу Абулхановна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Таубалдиева Асель Исабековна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Тленшиева Анар Бейсембековна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Токсейтова Амина Адилжановна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Толендиева Акмарал Шоханова – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Толепбергенова Иваш Базарбаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Тохтасунова Ляззат Кошкирбаевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Төкен Айқынгүл – үй шаруасында, Текелі қаласы
Турусбекова Раушан Тасболатовна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Тутадзе Табира – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Утегенова Райгул Жаксыбаевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Чотбаева Назым Нуртаевна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Шалабаева Сагат Махметовна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Шодарова Куралай Тагыбергеновна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Ырамазан Жаңылсын – үй шаруасында, Сарқан ауданы

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2017 жылғы 14 ақпан
№ 419

ІССАПАР

НАҚТЫ МІНДЕТТЕР жүктеді

Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР Жамбыл ауданына жасаған іссапары барысында бірнеше әлеуметтік нысанды аралап, жай-күйімен танысты. Кемшін тұстарына қатысты ескертпелерін жасап, нақты тапсырмалар жүктеді.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Алдымен бас идеолог Қарақыстақ ауылындағы қабырғасы 1989 жылы қаланған балалар үйіне бас сұқты. 4300 шаршы метрлік, 3 қабаттан тұратын ғимарат 2015 жылдан бері бос тұр. Кезінде балалар шипажайы болған нысан республикалық маңызға ие болған. «Жақсы ғимарат, ойластырып пайдалануымыз керек. Облысымызда, оның ішінде Жамбыл ауданында оңалту орталықтары жетіспейді, ғимаратты қысы-жазы жұмыс жасайтын балалар лагеріне айналдыруға да болады. Спортшыларға арналған оқу-жаттығу нысаны етуге де қолайлы орын. Бұл мәселені көтеріп, шешу жолдарын қарастырамыз», – деді Жақсылық Мұқашұлы. Сонымен қатар ол осы ауылдағы Сүйінбай Аронұлы атындағы әдеби-мемориалды музейіне кіріп, жәдігерлерге көз жүгіртті. Музейдегі бұйым санын арттыру қажеттігін назарға салды.

Жамбыл ауылында өткен жылдың қазан айында ашылған өнер мектебінің жағдайы көңілден шықты. Осындағы ақындық, домбыра, қобыз және шеберлік сыныптары дарынды оқушыларды көптеп дайындап жатыр. Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар талантты балалармен қосылып Әбдімомын Желдібаевтің «Ерке сылқым» күйін орындады. Аталмыш мектептен әйгілі өнер иелерінің шығатынына сенім білдірді. Осы қарқынмен тиянақты жұмыс жүргізіп, өңірдің өнер саласына септігін тигізе беруіне тілектестігін танытты. Ал ауылдық дәрігерлік амбулатория жөндеуді қажет етіп тұр. 1982 жылы салынған нысан әлі күнге дейін күрделі жөндеуден өтпеген. Ғимараттың жағдайы қанағаттанарлық, сондықтан биыл ағымдағы жөндеу жасалынатын болады.

– Жергілікті тұрғындарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жайын жан-жақты түсіндіру керек. Барлық мүмкіндікті пайдаланып, салмақты осыған салуға тиіспіз. Өйткені халық дұрыс ұғынбаса, түсінбеушілік туындап, жағдай одан сайын күрделене түседі, – деген Жақсылық Мұқашұлы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдувалиевке аталмыш мәселені қатаң бақылауға алуды тапсырды.

420 студентке арналған Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжінде бүгінде 376 білімгер оқуда. Студенттердің көбісі жақын ауылдардан келетін көрінеді. Біразы туыстарының үйінде жатып оқитындықтан жатақхананың жартысы бос тұр. Оқу ғимаратының жағдайы сын көтермейді. «Жағымсыз иіс мүңкіп тұр, безендіру жасалмаған. Әлде сіздерге бәрібір ме, құр жалақы алып жүре бересіздер ме? Колледждің өзіндік тарихы бар, намысқа тырысу керек», – деді Жақсылық Омар.

Оқу ордасы 4 мамандық бойынша студенттер дайындайды. Олар: тракторшы, дәнекерлеуші, аспаз және оператор.

– Студенттер санын толықтыру керек. Өңір экономикасына қажетті кемінде 2 мамандық ашу қажет. Соған сай ұстаздардың деңгейін көтеруге тиіспіз, – деген Жақсылық Мұқашұлы материалдық-техникалық базаны нығайту керектігін де алға тартты. Биыл мамыр айынан бастап аталмыш білім ордасының оқу корпусына 200 млн. теңгеге жөндеу жүргізіледі. Келесі жылы жатақхана мен тәжірибе алаңдары жөндеуден өтпек.

ЖАҢҒЫРУ — ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында көптеген бағыттарды жетілдіру жолдары қарастырылғаны белгілі. Көпшілікті әсіресе білім саласына қатысты мүмкіндіктер қуантып тастады.

Бағымызды бағалайық

«Білім беру бағдарламаларын білім алушының сыни ойлау қабілетін жетілдіруге, өз бетімен іздеу дағдыларын дамытуға бағыттау керек» – деген Елбасының тапсырмасы білім алушының игеріп отырған білім, білік дағдыларын алдағы өміріне қаншалықты пайдалы екенін сараптауға үйрету, ұстаз берген бағытта ізденіп, өзіне қажетті білімді молайтуға дағдыландыру екендігін анық көрсетті.

Қазақта: «Білім алу – инемен құдық қазғандай» деген сөз бар. Қазіргі мұғалім бұрынғыдай су шығатын жерді де өзі тауып, оны тез де сапалы қазу үшін құралды өзі таңдап, оқушыны қазу жұмысына ғана араластырмайды. Ендігінің оқытушысы шәкіртке су шығатын жерді табу әдістерін үйретіп қана қоймай, құдық қазуға қажетті құралдарды таныстырып, оны қолдану жолдарын көрсетеді. Ал, қай жерді қандай құралмен қазғанда таза су шығатынын оқушы өзі тауып, өзі қазады. Оқытушы бақылап, қисық болса түзетеді, олқы болса толтырады.

Сондай-ақ, Жолдауда: *«Қазақ тілінің басымдығын сақтау, одан әрі дамуына көңіл аудару керек»* деп Елбасының мемлекеттік тілге басымдық беру керектігін атап айтқаны көп жайттан хабар берсе керек. Шындығында әрбір халықтың жаны, тарихы, рухы – Тіл. Осыны біз қаншалықты ұғынып жүрміз?! Өткен ғасырдың бас кезінде, дәлірек айтқанда, осыдан 94 жыл бұрын Алаш ардақтысы Халел Досмұхамедов: *«Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш»* – деген екен. Тарихтың ақтаңдағы басым сол кезеңде өзекті болған тіл мәселесі бүгін де күн тәртібінен түспей тұр. Тіпті, баласымен, немересімен қазақша сөйлеспейтін отбасылар пайда болды. Сондықтан, отандастарымызды қазақ мемлекетінің жаны – қазақ тілінде сөйлеуге шақырамын!

Қазақстан мемлекетінің мәңгілік болуы оның әрбір мүшесінің, яғни, біздің қолымызда. Ол үшін тілімізді ұмытпайық, ата-баба дәстүрін дәріптейік, ұлттық құндылықтарымызды сақтайық. Жаратқан бізге қазақ деген ұлттың, Қазақстан атты мемлекеттің ұл-қызы болу бақытын берді. Бағымызды басқа теппейік!

Жәнет КЕРІМҚҰЛОВ,
«Ұрпақ парызы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.
Үйғыр ауданы.



Біздің жерімізде еркек – діңгек, әйел – гүл. Діңгек – жапырақсыз, гүлсіз, қазақша айтқанда «құ бас» деген сөз. Әйел – құнарлы топырақ, онда адамзат дәні өсіп, жетіледі. Біз сол дәннің жемісіміз. Әйелсіз адамзат «жемісі» ешқашан да болмайды.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.

ІЛТИПАТ

Өмір шырағы



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Халықаралық әйелдер күніне орай Тіл сарайында Талдықорған қаласының әкімі Бағдат ҚАРАСАЕВ өңірдің түлдеуіне үлес қосып келе жатқан аяулы жандарды қабылдап, мерекелерімен құттықтады.

Жетісу
Құралбек СӘБИТОВ

Салтанатты шараға жиналған жұртшылықтың жүзі жарқын, жүрегі алтын. Алтын дегенімізге себеп те жоқ емес. Ана жүрегі қашан да жылылық пен шаттыққа толы. Он екі баланы өмірге әкеліп, немере-шөберенің қылығын қызықтап отырған апаларымыздан бастап, аяулы да ардақты аналар қауымы, қызғалдақтай құлпырған қыздар ғимарат ішін көріктендіре түсті. Нәзік жандыларға деген ақ тілегін арнаған қала әкімі кешті өзі жүргізді. Ол өз сөзін:

– Жылу мен жақсылық сыйлайтын жарқын мерекенің қарсаңында өздеріңізбен жүздескеніме өте қуаныштымын. Әлемдегі әсемдік пен сұлулық әйел көркі мен ана мейірімінен нәр алады. Адамзат өмірінің іргетасы сіздердің қолдарыңызбен қаланады. Себебі, алақандарыңызда тіршіліктің шырайы, отбасының шырағы бар. Ұлттың асыл қасиеті уызына жарыған ұрпақтың бойына ана сүтімен дарып, болашаққа жалғасады, – деген ақжарма ниетімен бастады.

Талдықорғанда өткен жылы 11 ана «Алтын алқа», 49 ана «Күміс алқа» алған. Сондай-ақ, төрт беделді, еңбегі елге танымал азаматша «Талдықорған қаласының Құрметті азаматы» атағын иеленген болатын. Бұл қаладағы іскер әйелдердің көптігін аңғартса керек. Тағылымды тарихымызға жүгінсек, Талдықорғанда қайраткерлік қасиет қонған арулар аз болмаған. Қала әкімі кеш соңында барлық шараға қатысушы нәзік жандыларды «Заңғар» мейрамханасында жайылған мерекелік дастарқанға шақырды. Әуелеген ән, шертілген күй, мың бұралған би аналар көңілін көкжиекке көтеріп, мерейлерін бір тасытып тастады. Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Қалық: «Қаланың жетістігі мен әсемдігі осындай әдемі де нәзік жандардың арқасында», – деп ыстық лебізін білдірді.

Өмірді өмірге жалғар мейірім мен нәзіктіктің, әсемдік пен әдеміліктің мерекесінде құрметке ие болып, сыйлық алғандардың ішінде әріптестеріміз «Жетісу» газетінің аға корректоры Злиха Құмғанбаева мен «Огни Алатау» газеті жауапты хатшысының орынбасары Людмила Владимировна да бар. Шаңырақтың сенімді жаны, сергек қамқоршысы болған жандардың жүректері жырға, көңілдері нұрға толды.

ОБЛЫСТЫҚ КОМИССИЯ

Еліміздің рәміздері – мемлекеттің абырой-беделін асқақтатып, әлемдік аренадағы кескін-келбетін айқындай түседі. Сондықтан барша мемлекеттік мекемелерге орнатылатын Ту, Елтаңба үлгілері барынша анық көрініп, бекітілген стандарттарға сай болуы тиіс.

Стандартқа сай болуы тиіс

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

Осыған орай ақпан айының 13-14 күндері Кербұлақ және Қаратал аудандарына арнайы рейд жасаған облыстық ішкі саясат басқармасының мамандары бірқатар кемшіліктерді анықтады. Атап айтқанда, Сарыөзек кентіндегі әкімдік ғимаратының екінші қабатына қойылған Елтаңба өлшемінің Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік рәміздер туралы» Конституциялық заңының талаптарына сай келмейтіні белгілі болды. Сондай-ақ, Кербұлақ аудандық кітапханасында ҚР мемлекеттік рәміздеріне арналған бұрыш қойылмағаны анықталды. Одан бөлек, Қаратал аудандық әділет басқармасының ғимаратындағы неке қию залындағы Мемлекеттік Ту материалының ескіргендігі, Бастөбе ауылдық округі әкімдігінің ғимаратындағы Тудың тұғырының мемлекеттік стандартқа сай келмейтіндігі, аудандық қаржы бөлімі басшысының кабинетіндегі Мемлекеттік Елтаңбаның Тудың үштығынан төмен орналасқандығы анықталып, аталған кемшіліктерді түзеу жөнінде тапсырма беріліпті.

Осындай деректерді өз баяндамасында келтірген облыстық ішкі саясат басқармасының маманы Олжас Ескендіровтың айтуынша, мемлекеттік рәміздер туралы мақалалар екі аудандағы басылымдарға жарияланғанымен әлеуметтік желілерде бірде-бір материал жарық көрмеген. Осыған орай, Кербұлақ ауданы әкімінің орынбасары Болысбай Момбаев пен Қаратал ауданы әкімінің орынбасары Күлпаш Байтаева есеп беріп, кеткен кемшіліктерді түзетуге уәде берді.

Облыс әкімінің жанындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері жөніндегі комиссия отырысын жүргізіп отырған облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар селекторлық жиналысқа қатысқан көпшілікке комиссия шешімін таныстырып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің 25 жылдығына орай «Жетісу» телеарнасында, облыстық және аудандық газеттерде хабарлар, мақалалар, сұхбаттар ұйымдастыруға тапсырма берді.

Бұдан соң облыс әкімдігінің жанындағы азаматтық қоғам институттарымен өзара байланыс жөніндегі кеңес отырысында екі мәселе қаралды. Бірінші Кербұлақ, Райымбек аудандарындағы жергілікті атқарушы органдардың азаматтық қоғам институттарымен өзара байланыс жөніндегі атқарған жұмыстары талқыланса, «Хантәңірі» газеті, «Жаркент өңірі», «Қарадала тынысы – Қарадала нәпәси» ЖШС-нің мемлекеттік ақпараттық саясат саласында атқарған жұмыстары жайындағы есебі тыңдалды. Кеткен кемшіліктерді түзетуді тапсырған облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар жиынды қорытындылап, үкіметтік емес ұйымдармен жұмысты жандандыру керектігін ескертті.

БРИФИНГ

Бизнеске «бір терезе» керек

Бизнестің дамуына жергілікті билік қызметінің тікелей ықпалы бар. Демек, бизнес пен билік бірлесе жұмыс атқарғанда үлкен табыстарға жетуге болады. Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында бизнеске жан-жақты бағыт-бағдар көрсетіледі. Бұл туралы өңірлік коммуникация қызметінде өткен брифингте облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаева айтып берді.

Жетісу
Қажет АНДАС

Оның айтуынша, «Атамекен» ҰКП кәсіпкерлік қауымдастықты біріктіруші ұйым ретінде қазіргі заман қатерлеріне жауап беруге дайын. Жолдаудағы бес бағыттың бизнес саласымен тығыз байланысты болуы экономика дамуына жасалған тағы бір маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Жалпы, тәуелсіздік алғаннан бастап, кәсіпкерлік саласы басым бағыттардың бірі болды және ол үшін түрлі мемлекеттік қолдау шаралары іске асырылды.

Бүгінгі таңда кәсіпкерлердің ең көп шағымданатын мәселелерінің қатарында жер алу, сәулет және құрылыс, мемлекеттік сатып алу, индустриялды аймаққа кіру, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар қызметіне қатысты сұрақтар бар. Кәсіпкер үшін үлкен мәселелердің бір шоғыры – жарық, жылу мен газға қосылу. Олар кішкентай сауда дүкенін ашу үшін көптеген құжат жинап, әкімдіктің табалдырығын тоздыруға мәжбүр. Сондықтан, KPI-ға бизнеспен қарым-қатынас бағытын енгізу туралы Президенттің бастамасы өте құптарлық жайт. Осылайша, әкімдердің қызметі кәсіпкерлікке қаншалық қолдау жасағаны бойынша бағаланады.

Айта кетейік, KPI – белгілі бір нәтижелердің индикаторы, көрсеткіші. Кәсіпкерлердің құқығын қорғау мәселелері бойынша облыстық кәсіпкерлер палатасына 2015 жылы 192 өтініш түссе, былтыр 319 өтініш қаралған. Оның ішінде 212-сі оң нәтижемен шешілген. Бұл барлық түскен өтініштердің 67,5% пайызы. Мемлекеттік сатып алу саласына да үлкен өзгерістер қажет. Директордың айтуынша, «Атамекен» ҰКП талдау қорытындысы бойынша, сатып алудың шамамен 60% пайызы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылады. Осылайша әкімдіктер бір жеткізушімен ғана жұмыс жасайды. Ал басқа жеткізушілердің не себепті қатыспағаны немесе шеттетілгені ойландырады. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуда баға мониторингі жоқ. Мысалы, әр тапсырыс беруші бір тауарға әртүрлі баға қояды. Ол тауар бір жерден сатып алынса да немесе бір жерде шығарылса да бағада айырмашылық өте көп.

Кәсіпкерлердің құқығын қорғаумен қатар бизнес ортаны жақсартудың тағы бір амалы – «бір терезе» жүйесін құру. Осылайша кәсіпкер бар мәселесін бір жерде, «бір терезе» арқылы шешуі тиіс. Мәселен, бұл жоба өткен жылы Маңғыстау облысында іске асырылып, Кәсіпкерлер үйі бой көтерді. Кәсіпкердің бар сауалы бір уақытта және бір ғимарат ішінде шешілуде. Мұндай тәжірибе Алматы облысына да ауадай қажет.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МӘСЕЛЕ САНДА ЕМЕС, САПАДА

Өткен аптада облыстық әкімдікте республикалық қой шаруашылығы палатасының жиыны өтті. Жиналысты облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров ашып, жүргізіп отырды. Шара аясында республикалық қой шаруашылығы палатасының төрағасы, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Тынышбай Досымбеков палата құрылғалы бергі бір жыл көлемінде атқарылған жұмыстармен таныстырып, алдағы міндеттерді саралады. Сондай-ақ, қой шаруашылығын өркендетуге кедергі келтіріп отырған кемшіліктер мен оны түзетудің жолдарын сөз етті. Жарыссөзге шыққан ҚазҰҒА мүшесі, академик, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, қой шаруашылығы палатасының мүшесі Төрехан Сабырқұлов, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Мамай Прманшаев қой шаруашылығын дамытудың қыры мен сырын салмақтады.

Қажет АНДАС

Баяндамашының сөзінен білгеніміздей, Кеңес одағы кезінде Қазақстанда 37 миллион бас қой болған. Кейін бұл көрсеткіш құлдырағанымен, қазір өріс қайтадан қойға толып, түлік саны 18 миллион бастан асты. Мұның ішінде облысымызда 3 миллионнан астам қой өсірілуде. Айта кетерлігі, отандық қой етінің дені экспортқа шығаруға сай емес. Сыртқы нарықтағы бәсекелестігі, рентабельдігі төмен, тауарлық түрі нашар. Сондықтан қойдың санын өсірумен қатар оның өнімінің сапасын жоғарылату үшін Үкімет тарапынан «Алтын асық» бағдарламасы қабылданып, жүйелі жұмыс атқарылуда. Десе де, бұл қой шаруашылығын дамытудың күрмеулі мәселелерін түбегейлі шешпейді. Сондықтан 2010 жылдан бастап еліміздегі ауылшаруашылық ғалымдары, республикаға, тіпті әлемге белгілі ауылшаруашылығы саласының мамандары бірлесіп, қой шаруашылығын нарықтық қатынасқа сәйкес дамытудың кешенді бағдарламасын жасапты. Осы бағдарламаны аяғына дейін жеткізу үшін өткен жылы республика бойынша қой шаруашылығы палатасы құрылды. Оның маңыздылығы туралы палата төрағасы Тынышбай Досымбеков:

– «Қой шаруашылығы палатасы ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің 2020 жылға дейінгі қой шаруашылығын дамыту, оның өнімдерін өңдеу туралы шеберлік жоспарына сәйкес жасалған. Сондай-ақ, бұл палатаның жарғысы Елбасының 2015 жылдың желтоқсан айындағы «Қазақстан Республикасы бойынша қой шаруашылығы палатасын құру туралы» Жарлығында көрсетілген талаптарға да сай. Жарлық өткен жылдың қаңтар айынан бастап жүзеге асырыла бастады. Демек, отандық ғалымдар жасаған жаңа жоспар мемлекет мүддесімен сәйкес келеді», – деп жан-жақты айтып берді.

Осындай себептермен құрылған палата жұмыс жасағалы да бір жыл уақыт өтті. Келесі кезекте палата төрағасы өткен бір жылда жеткен жетістіктер мен алдағы жұмыстар ретіне де тоқталып өтті.

– «Қой шаруашылығының өнімділігіне тоқталсақ, 1990 жылы 284 мың тонна, 2015 жылы 164 мың тонна қой еті өндірілген. Ғалымдардың дәлелдеуінше, қазақтар жылына 48 келі ет жейді екен. Оның 10 келіге жуығы қойдың еті болуы керек. Енді 164 мың тонна етті 17 миллион тұрғынға шағатын болсақ, бүгінгі Қазақстанда өндірілетін ет ішкі сұраныстан артып тұрған жоқ. Экспорт көлемін қарайтын болсақ, 2015 жылы 100, былтыр 191 тонна қой еті экспортталған. Демек, қазіргі қой шаруашылығының өнімділігі экспорттың тағдырын өзгерте қоймайды. Ал ұлан-байтақ даласы бар қазақтар еттен өнім ала алмаса бұл әлемдік тұтынудың азаюын туындатады. Сондықтан біз қой шаруашылығын дамытуды өз дастарқанымыз төңірегінен емес, әлемдік тұтыну нарығы тұрғысынан қарастыруымыз керек», – деп түйді ол өз ойын.

Палата төрағасы айтқан тағы да бір толғақты мәселе – қой жүнінің керекке жарамай жатқандығы. Бүгінде елімізде жылына 37 мың тоннаның төңірегінде жүн өндіріледі. Бұл жүннің 5500 тоннасы шетелге кетеді, 5500 тоннасы өзімізде өңделеді, 26 мың тоннасы іске жарамай қалып жатады. Ал, жоғарыда айтқандай, жылына 7 миллионнан астам қой сойылады. Жыл сайын шетелге 10 мың дана тері сатылады екен. Ішкі сұраныс та шамалы. Демек, қой терісінің 99,8 пайызы далаға тасталып жатыр.

«Қой түлігінің өсіп-өнуі үшін жайылым болуы керек. Бүгінде әр жердің иесі бар. Тіпті, ауыл іргесіндегі жерлерге дейін жекеменшікке өтіп кеткен. Мал басын көбейту үшін алдымен жайылым мәселесін шешуге тұра келеді», – деген Тынышбай Досымбеков палата мүшелерінің осы мәселемен жүйелі айналысып жатқанын тілге тиек етті.

Қой шаруашылығын дамытуға кедергі болып отырған тағы бір мәселе – ветеринария мәселесі. Жасыратыны жоқ, бүгінде бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан мал дәрігерлері тезірек зейнетке шығудың қамымен күн санап жүрсе, жастар мал дәрігері болып жұмыс істегеннен такси жүргізіп, жүргіншілерді тасығанды ұнатады. Палата мүшелері өткен жылдан бері малды емдеу жайындағы ұсынысын ветеринария комитетіне тапсырған. Онда мал ауруын анықтау, вакцинаны дер кезінде жеткізіп беру, мал дәрігерлерінің біліктілігін арттыру сынды бірқатар маңызды бағыттар қарастырылған. Бұл қатарда әрбір ауылдық округ орталығынан малдәрігерлік пункттің салу жобасы да бар.

Осы тұста Тынышбай Досымбеков: «Ең қызығы, бүгінде елімізде малға салынатын сырғаны шетелден тасимыз. Бұл да қой шаруашылығы палатасы мүшелерінің ойынан шықпайтын мәселе. Көктемде малшының қолына тиюге тиісті сырға тендер, шекара деген кедергілерден өтіп күз айланып шаруашылықтарға үлестіріліп жатады. Сондықтан малды сырғалау жұмысы кешіге түседі. Ал сырға болмағаннан кейін қойға тексеру жұмысы да жүргізілмейді», – деп тағы бір келеңсіздікті айтып салды. Осы мәселені дер уағында шешу үшін палата мамандары Ауылшаруашылық министрлігіне хат жазған екен. Министрліктен: «Қазір еліміз бойынша 8 миллион қойда сырға бар. Қалған 8 миллионы жуық арада сырғаланады» деген жауап алынған. Уәде қағазда жазылғандай орындалса игі еді.

Асыл тұқымды қошқар өсіретіндердің де қамы жеткілікті. Олар: «Жыл бойы асыл тұқымды қошқар өсіреміз. Оның біразы ғана сатылады да, қалғаны өтпейді. Оны қыстан шығарудың өзі қалтаға жүк түсіреді», – дейді. Әдетте 30 саулыққа бір қошқардан келеді десек, 500 саулығы бар шаруа қожалығы 16 қошқар сатып алу керек. Сондықтан шаруа қожалықтарының жетекшілері: «Қошқардың бағасы тым қымбат. 17 қошқардың орнына 10, тіпті 5 қошқар сатып алып, ұрықтандыру жоспарын орындай аламыз», – деп ат-тонын ала қашады. Расында, бір қошқар 40 мың теңге десек, 700 мың теңге шаруа үшін аз ақша емес. Сондықтан палата мүшелері осыған дейін әр қошқарға беріліп келген 8 мың теңге субсидияны 25 мың теңгеге дейін көтеру туралы ұсыныс көтерген. Ақыры бұл ұсыныс Үкімет тарапынан қолдау тауып, биылдан бастап субсидия көлемі 20 мың теңгеге көтерілді. Демек, 40 мың теңгелік асыл тұқымды қошқарды жарты бағасына сатып алады. Базардағы тауарлы қойдың өзі 20 мың теңгеден саудаланып жатқанын ескерсек, мұның өзі шаруаларға үлкен көмек деген сөз. Бұл да палатаның атқарған ауқымды шараларының бірі.

Бұл жерде мал шаруашылық палатасы тек қана асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтарға ғана көмек көрсетеді деген ой туындамауы керек. Бүгінгі таңда палата тауарлы мал өсіретін тұрғындардың қолындағы малын асылдандыруға көмек көрсете бастады.

«Мал баққанға бітеді», дейді халқымыз. Осы тұста қойды асылдандыру арқылы барлық жоспарды тындырып тастадық деуге болмайды. Сонымен бірге, сервистік қызметті де жақсарту керек. Мұндағы басты мәселе, алыс жайлаулардағы малшылар тұратын үйдің жағдайы. Палата мүшелері малшыларға киіз үй ең қолайлы деп отыр. Есептеп көргенде, бір үйдің құны 490 мың теңге көлемінде болады екен. «Инвест субсидия» бағдарламасы арқылы Үкімет киіз үйдің 80%-ын субсидиялауға ниет білдіріп отыр. Сонда әрбір киіз үйді 100 мың теңгеден сатып алады. Биыл палатаның мұрындық болуымен мың киіз үй жасалмақ. Осы тұста тері, жүн қабылдау пункттін ашамын деген тұрғындарға Үкімет 50 пайыз субсидия беруді жоспарлап отырғанын қоса кету керек.

Республикалық қой шаруашылығы палатасының алдағы жұмысы да ауқымды. Олар шаруа қожалықтарының қой тұқымын асылдандыру, будандастыру, тауарлы шаруашылықтардың өнімін, саулықтың үлесін арттыру, қой бордақылау алаңдарының жұмысын жандандыру, өндірілген өнімнің сапасын жақсарту, тері, жүн өңдеу саласын ретке келтіру, жайылымды тиімді пайдалану, оның құнарлығын арттыру, суландыру мәселесін шешу жұмыстарын қолға алмақшы. Осы жұмыстар іс жүзіне асқанда еліміз қой етін экспорттайтын әлеуетті мемлекеттер қатарына енетін болады.

■ 1990 жылы 284 мың тонна, 2015 жылы 164 мың тонна қой еті өндірілген. Ғалымдардың дәлелдеуінше, қазақтар жылына 48 келе ет жейді екен.

■ Экспорт көлемін қарайтын болсақ, 2015 жылы 100, былтыр 191 тонна қой еті экспортталған. Демек, қазіргі қой шаруашылығының өнімділігі экспорттың тағдырын өзгерте қоймайды.

■ Тағы да бір толғақты мәселе – қой жүнінің керекке жарамай жатқандығы. Бүгінде елімізде жылына 37 мың тоннаның төңірегінде жүн өндіріледі. Бұл жүннің 5500 тоннасы шетелге кетеді, 5500 тоннасы өзімізде өңделеді, 26 мың тоннасы іске жарамай қалып жатады.



ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

...Біз жаңа қауіптің бетін қайтаратын ұлттық қауіпсіздіктің жаңа тетіктерінің жасалуы қажет екенін барынша пайымдауымыз қажет.

Н. НАЗАРБАЕВ.

ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

XX ғасырдың 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында бұрынғы Кеңестер Одағының керегесі сөгіліп, уығы ыдырап түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұл жағдай экономиканың «мемлекеттік жоспар» моделін күйретіп, кешегі «қуатты да мызғымас Социалистік Республикалар Одағының» құрамында болған халықтың ұлттық сана-сезіміне ықпал етіп, жаңа кезең өзінің жаңа сындарын алға тартты.

Сол кездегі қалыптасқан жағдай миллиондаған адамдардың тағдырына қатысты мәселені де оңтайлы шешуді талап етті. Дәл осындай тарихи сәттердің өзі халықты соңынан ілестіретін, мемлекетті басқаруды батылдықпен қолға алатын, жауапкершіліктің ауыр жүгін көтере білетін шынайы көшбасшыны сахнаға шығарады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының бүгінгі тарихы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты.

Салыстырмалы түрде айтқанда 25 жыл дегеніміз тарих үшін көп уақыт та емес. Дегенмен, осы кезеңнің өзінде Қазақстан азаматтары түбегейлі өзгерген, адам танымастай жаңарған елдің куәсі болып отыр. Ал, әлем елдері Қазақстанның өз алдына дербес, тәуелсіз мемлекет екендігін мойындады.

Кез келген мемлекеттің тәуелсіздігі – оның ұлттық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілу деңгейіне тікелей байланысты.

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә. Назарбевтың терең мағыналы дәйекті сөзін келтіре кеткен орынды: «Ұлттық қауіпсіздіктің міндеті – елдің негізгі, өмірлік аса маңызды мүдделері – ұлттық дербестікті, аумақтық тұтастықты, халықтың өмірін қорғауды кепілді түрде қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз ететін жүйе түрінде танылады. Ұлттық қауіпсіздік болмаған жерде ұлттың өзі де жоқ».

Қоғам мен мемлекеттің басты стратегиялық басымдығы – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің шешуші де негізгі рөлі Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жүктеліп отыр.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті құрылған күннен бастап Мемлекет басшысы бақылайтын және оған тікелей есеп беретін мемлекеттік орган болып саналады.

1992 жылдың 20 маусымындағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Заңы ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің құқықтық негізін қалады.

Бұл заң ұлттық қауіпсіздік органдарының жүйесі туралы, олардың қызметінің құзырлылығы мен қағидалары жөнінде жазылған алғашқы құқықтық акті болып табылады.

Президент 1992 жылдың 13 шілдесінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті етіп қайта құру туралы Жарлыққа қол қойды.

Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы заң қабылданған сәттен бастап арнаулы қызметтің бұған дейінгі жинақталған тәжірибесі мен іс-қимылы, сондай-ақ, елдегі қоғамдық қарым-қатынастардың барлық саласында қалыптасқан жағдайлар еліміздің басты Заңы – Конституциямыздың деңгейінде келесі реформа жасаудың негізін қалады.

1995 жылдың 6 қыркүйегіндегі жаңа Негізгі Заңды ұсыну салтанатында Н. Назарбаев: *«Қазақстан бастан өткеріп отырған серпінді өзгерістер жаңа конституциялық бағдарларды талап етуде»,* – деп атап өтті.

Ресей Федерациясы Саяси ғылымдар академиясының академигі Ярослав Бутаков өзінің «Эталон лидера» атты мақаласында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына сіңірген еңбегін бағалай отырып, оны шығыстың Махатма Ганди, Мұстафа Кемал Ататүрік және батыстың Франклин Рузвельт, Шарль де Голль секілді көрнекті тұлғаларының қатарына қояды.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев мыңжылдықтар межесінде XX ғасырдағы тарихи тұлғалардың еңбектері мен табыстарын зерделей отырып, сол кездегі мемлекеттік билік пен басқару органдарын реформалап қана қоймай, сондай-ақ оларды қайта жаңғыртты.

1995 жылдың 21 желтоқсанында жаңа Конституцияның ережелеріне сәйкес Президент «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заңдық күші бар Жарлыққа қол қойды. Бұл заңдылық акті еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде қалыптасқан ұлттық қауіпсіздік органдарының рөлі мен орнын, оның міндеттерін, мақсаты мен құзырлылығын нақты анықтады.

Заңнамалық деңгейде белгіленген Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының жауапкершілік ауқымы «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Жедел іздестіру қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Терроризмге қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңдардың қабылдануына негіз болып, бұдан әрі қарай құқықтық базаның жетілуіне жол ашты.

Ұлттық қауіпсіздік органдары өзінің даму жолында Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес, сонымен қатар республикадағы саяси және экономикалық жаңғыртуларға орай бірнеше рет құрылымдық және функционалдық өзгерістерге ұшырады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының алғашқы қалыптасу жылдарындағы айтарлықтай оқиға ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жүйесінің құрылғандығын атап өткен орынды.

1992 жылдың 18 тамызында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрлық арқылы өтетін әлемдегі ең ұзын мемлекеттік шекарамызды қырағылықпен күзету үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрамында Шекара әскерлері құрылды.

Азия өңірінің «тұрақсыз нүктелерінен» бақылаусыз ағылған босқындар тарапынан туындайтын қауіп-қатерлерді ескерер болсақ, онда заман талабына сай техникалық тұрғыдан толық жабдықталған, тыныштығымызды күзетуде мол іс-тәжірибе жинақтаған шекара әскерлерінің алар орны маңызды екендігі сөзсіз.

Шекара тыныштығын қорғау мәселесі қазіргі уақытта түпкі ойларын жасырып, адамзаттың басты байлығы – дін және адамның бостандығын желеу етіп, жымысқы әрекеттерін жүзеге асыру үшін түрлі құйтырқылыққа баратын XXI ғасырдың «індеті» – халықаралық терроризммен тығыз байланысты.

Орын алып жатқан террорлық актілер географиясының кеңеюі, терроризмге қарсы соғысты жүргізудің түрлері мен тәсілдерінің өзгеруі және жаңа халықаралық террористік, діни-экстремистік ұйымдардың пайда болуы – терроризмді ескерту бойынша барлық мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіруді, бұған азаматтық қоғамды бірегей қатыстыра отырып, шаралар қабылдауды қажет етеді.

Орталық Азия аумағындағы жаңадан туындаған қауіп-қатерлер жағдайды ушықтырып, терроризмге, діни экстремизмге және сепаратизмге қарсы күрестің өзектілігі 1999 жылдың шілдесінде «Терроризмге қарсы күрес туралы» жаңа Заңның қабылдануына негіз болды.

Аталған заң терроризмге қарсы күрестің ұйымдастырушылық және құқықтық негіздерін қалады, терроризмге қарсы әрекет етуге байланысты қандай да қызметті жүзеге асыруда мемлекеттік органдар және меншік түріне қарамастан барлық ұйымдар, сондай-ақ әрбір азаматтың құқығы мен кепілдіктерін тайға таңба басқандай айқындап береді.

Сонымен бірге, халықаралық терроризм және діни экстремизмге қарсы күрес мемлекеттерден барлық деңгейде өзара әрекеттестікті талап ететіндігін *(жаһандық, өңірлік, екі жақты)* жете сезіне отырып, Қазақстан бірқатар халықаралық, мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге қол қойды.

Бүгінгі таңда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Терроризмге қарсы күрес орталығы *(ТМД ТҚО),* Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының өңірлік терроризмге қарсы күрес құрылымы *(ШЫҰ ӨТҚҚ),* сондай-ақ терроризм және діни экстремизммен күрес іс-шаралары шеңберінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымдарымен өзара ынтымақтастықтың дамуына ерекше маңыз беріледі.

Мәскеу қаласында 2000 жылдың 19 сәуірінде Қазақстан Республикасының Президенті ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтері басшылары кеңесінің *(ҚОБК)* 7-отырысында Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрылымында Терроризмге қарсы күрес қауіпсіздігі орталығын құруға бастама көтерді.

Жоғарыдағы аталған өңірлік құрылымдық отырыста қабылдаған шешімдерді жүзеге асыру барысында түрлі бағыт бойынша өңірлік және ұлттық қауіпсіздік, терроризмге қарсы әрекет етуде ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Оқу-тактикалық жиындар, террорға қарсы жаттығулар тұрақты негізде өткізіліп, заңнамалық базасы жетілдіріліп тұрады.

Терроризмге қарсы күрес бойынша жүйенің дамуына Мемлекет басшысының бастамасымен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымында ведомствоаралық Терроризмге қарсы күрес орталығының (ТҚО) құрылғаны ерекше орын алады. Бұл мүдделі мемлекеттік органдардың террористік қауіп-қатерлерді анықтау, ескерту және жолын кесу бағытында үйлестіру жұмыстарын қамтамасыз етуге ықпал етті.

Баршаға аян, 2011-2012 жылдардағы терроризм мен экстремизмнің көрініс берген деректері еліміздің террорға қарсы құрылымының жұмыстарына тиісті нақты өзгерістер енгізуді талап етті. Осы мақсатта терроризмге қарсы әрекет ету мәселелері бойынша кейбір заңдылық актілерге елеулі өзгерістер мен қосымшалар енгізілді.

Мемлекет басшысының 2013 жылдың маусымындағы Жарлығымен ҰҚК ТҚО құқықтық мұрагері болып табылатын тұрақты әрекет етуші консультативтік кеңесші орган ретінде Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы күрес орталығы құрылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылған Терроризмге қарсы күрес орталығы қазіргі уақытта өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқарып келеді. Құрылым терроризм мен діни экстремизмге қарсы әрекет ету жүйесін ұйымдастыру кеңістігінде тиімді механизм болып қалыптасты.

Еліміздің ұлттық қауіпсіздік органдарының даму тарихында Президенттің 2016 жылдың 26 қарашадағы «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралары туралы» Жарлығы маңызды қадам болып саналады.

«Ақпараттық ғасыр» талабына сай еліміздегі құқық қорғау және басқа да органдар арасындағы жауапкершілік аясының шегін белгілеу, құрылымды жетілдіру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ортақ жұмысқа жаңа серпін берері сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы жаһандану дәуірі мен кең ауқымды ақпараттандыру кеңістігіндегі ұлттық қауіпсіздікке, өзекті мәселелерге қозғау салды.

Жолдау мәтінінде: *«Қауіпсіздік ахуалы қуатты және әрекет ете алатын мемлекеттің өлшеміне айналып келеді... Діни экстремизмді насихаттаудың алдын алу, әсіресе интернет пен әлеуметтік желіде оның жолын кесу жұмысын жүргізу керек... Киберқылмыспен күрестің өзектілігі барған сайын арта түсуде»* деп анық айтылған.

Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасымен қатар Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Үкіметіне бірлесе отырып, «Қазақстан киберқалқаны» жүйесін қалыптастыруға тапсырма берді.

Елбасының тікелей басшылығымен 2017-2020 жылдарға арналған Діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет ету бағдарламасын дайындау бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.


Бұл шаралардың барлығы, ең алдымен, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жүктелген міндеттерді пәрменді атқаруға бағытталған, оның ішінде, өңірлік ахуал мен ғаламдық көлемде серпінді дамып отырған Қазақстанның мүдделері мен қажеттіліктерінен туындап отыр.

Мемлекет басшысы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінің алдыңғы деңгейде және басым бағытта болуы керектігін үнемі басты назарда ұстайды, мұны Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларынан, Қазақстанның дамуы бойынша дайындалған барлық стратегиялық құжаттарынан байқауға болады.

Отандық арнаулы қызмет – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қалыптасуы мен дамуының Тұңғыш Президент – Елбасының ерекше көңіл бөліп, тікелей басшылық жасауымен жүзеге асырылғандығы даусыз дерек болып қала бермек.

Бүгінгі таңда Ұлттық қауіпсіздік комитеті қоғам мен мемлекет өмірінің барлық саласында еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүктелген міндеттерді орындауға толығымен қабілетті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы облысы бойынша департаменті.



СЕМИНАР

3000 БАЛА АНА МАХАББАТЫНА ЗӘРУ

Жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған қазақпыз. Бірақ кейінгі уақытта қоғамды дүр сілкіндірген оқиғалар жиілеп кетті. Нәтижесінде қарттар мен жетімдер үйі көбейді. Осындай қоғамдағы келеңсіз жайттарды болдырмау мақсатында «Балалар үйінсіз Жетісу» жобасы жүзеге асуда. Бұл жөнінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Зағипа Балиева мәлім еткен болатын. Аталған жоба аясында «Мемлекеттік қолдауды қажет ететін балаларды отбасына орналастыру» тақырыбында Ескелді ауданының Қарабұлақ орта мектебінде семинар өтті.

Жетісу

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Ата-ана махаббатынан шеттетілген жәудіркөздерге мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып жатқанымен маңдайынан сүйіп, еркелетіп, айналып, толғанатын аяулы жанның алақаны жетіспейді. Мұндай теріс әрекеттердің белең алуы ең әуелі отбасындағы тәрбиенің таяздығынан. Ресми деректерге сүйенер болсақ, елімізде отыз мыңнан астамы жетім балалар бар. Оның 80 пайызы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған.

Басқосуда облыстық білім басқармасының қамқоршылық және қорғаншылық органы бөлімінің басшысы Әлиям Молотова жоба туралы кеңінен баяндама жасады. Әлиям Максимқызының айтуынша, облыс бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынан айырылған 3 мың бала бар.

– Жыл сайын жетімдер үйі жәудіркөздерге толып келеді. Біздің мақсат – жетімдер үйін азайтып, ондағы тәрбиеленіп жатқан балаларды толық отбасында өсіру. Осы жолда біраз игі істер де атқарылды. Бір қуанарлығы, бала асырап алушылардың саны артып келеді. Мысалы, 2014 жылғы есеп бойынша 328 бала асырап алынса, 2015 жылы 333, 2016 жылы 264 бала ата-ананың аялы алақанын сезінді. Асырап алатын ата-аналар көбіне жаңа туған, әлі есін біле қоймайтын балаларды алғылары келеді. Ал үш жастан жоғарылары ата-ана махаббатын сезінбей, жетімдер үйінде қала береді, – дейді Әлиям Молотова.

Ал патронаттық тәрбие жүйесі облыста 2004 жылдан бастап жүзеге асып келеді. Әсіресе, Еңбекшіқазақ, Қаратал, Іле аудандарының көрсеткіші жоғары. Патронат ата-ана үш балаға дейін тәрбиелеуіне заң жүзінде рұқсат бар. Әрбір балаға мемлекет тарапынан қажетті қаражат бөлінеді. Сонымен қатар, отбасылық жетімдер үйі бар. Мемлекет тарапынан мұндай отбасында тәрбиеленген балаға жылына 824 мың теңге төленеді. Ал мұндай балаларды тәрбиелеп отырған ата-анаға 70 мың теңге айлық беріледі.

Кездесуге келген текелілік Құдыс есімді азамат өзінің алты баласына қоса, тағы екі бала асырап алмақшы екенін айтты. Ол әке-шешенің махаббатына зәру балаларды толық отбасында өсіруді арман-дағанына екі жыл болған. Осы басқосудан кейін ол барлық құжатты рәсімдеп, жәудіркөздерге отбасылық махаббат сыйлайтын болды.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың баламалы нысандары бойынша Ескелді ауданы білім бөлімінің бас маманы Шолпан Жақанова тәрбие саласындағы өзекті мәселелер туралы облыстық білім басқармасының тәрбие бөлімінің басшысы Айнагүл Үшкемпірова баяндама жасады. Ескелді ауданының аға прокуроры Самат Олжас аталған жобаны бірауыздан қолдап, осы жолда нәтижелі жұмыс жасайтынын айтты. Басқосу соңында Қарабұлақ орта мектебінің педагог-психологы Ирина Лебедева «Бақытты отбасындағы бақытты бала» атты практикалық көмекті көпшілікпен бөлісті.

Ескелді ауданы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС

ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ҮШ ЖЫЛДА ӨҢІР КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 1 МЛРД. ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН ҚҰҚЫҒЫ МЕН МҮДДЕСІН ҚОРҒАДЫ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ОБЛЫСТЫҚ ПАЛАТАҒА 319 ӨТІНІШ ТІРКЕЛІП, ОЛАРДЫҢ 70%-Ы КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ПАЙДАСЫНА ШЕШІЛГЕН.

БИЗНЕСТІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ БАҒЫТЫНДА ӨТКЕН ЖЫЛЫ КӘСІПКЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ 9 ОТЫРЫСЫ ӨТІП, ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ 80%-Ы ОҢ НӘТИЖЕМЕН ШЕШІЛІПТІ.

АУЫЛ КӘСІПКЕРЛЕРІ қолдауға мұқтаж

Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және бизнеске әкімшілік кедергілерді төмендету облыстық кәсіпкерлер палатасы жұмысының негізгі бағыты болып табылады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде тұрғындармен тікелей байланысқа шыққан облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаева атқарылған жұмыстар мен кәсіпкерлердің мүддесін қорғау бағытындағы жетістіктерді әңгімелеп, алдағы жұмыс жоспарын таныстырды.

Жетісу

Қажет АНДАС

Оның айтуынша, облыстық кәсіпкерлер палатасы үш жылда өңір кәсіпкерлерінің жалпы құны 1 млрд. теңгені құрайтын құқығы мен мүддесін қорғапты. Өткен жылы облыстық палатаға 319 өтініш тіркеліп, олардың 70%-ы кәсіпкерлердің пайдасына шешілген. Палата сарапшылары бизнесмендердің құқығын қорғау мақсатындағы 155 сот дауына қатысса, оның 108-і бизнестің пайдасына шешілген. Сол қатарда «Баға белгілеуде сыбайластыққа барды» деп кінәлаған «Алель Агро» және «Алатау Құс» фабрикасының мүддесін қорғап, оларды 30 миллион теңгелік айыппұлдан арашалап қалған. Сонымен қатар, жергілікті жерде әкімшілік құқықбұзушылыққа жол беріп, кәсіпкердің жалпы ауданы 769 гектар болатын жер телімін иеленіп алған, тіпті басқа бір тұлғаға сатып та үлгерген дау-шарға палата мен прокуратура араласып, кәсіпкердің құқығы қорғалған. Сонымен қатар, Көксу ауданындағы кәсіпкердің 1000 гектар жерін қайтарып алуына көмек беріліпті.

Бизнестің құқығын қорғау бағытында өткен жылы кәсіпкерлер кеңесінің 9 отырысы өтіп, қаралған мәселелердің 80%-ы оң нәтижемен шешіліпті. Десе де, кәсіпкерлерге әкімшілік кедергі де жоқ емес. Кәсіпкерлік палатасы әкімшілік кедергілерді төмендету мақсатында қоғамдық мониторинг пен кәсіпкерлердің өтініштеріне талдау жүргізіп келеді. Өткен жылы палата мамандары 49 әкімшілік кедергіні анықтап, оның 80%-н оң нәтижемен шешкен. Айталық, Текелі қаласының кәсіпкері цехын кеңейту үшін қала әкімшілігінен 10 сотық жер сұраған. Мәселе алты ай бойы шешілмеген соң облыстық кәсіпкерлер палатасына арызданады. Сосын прокуратура, мемлекеттік органдардың қатысуымен «дөңгелек үстел» ұйымдастырылып, бірлескен жұмыс тобы құрылып, жарты жыл бітпеген дауды бір апта ішінде шешіп береді. Осы тұста облыстық кәсіпкерлер палатасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікпен өзара келісімге келіп, жұмыс картасы бойынша мемлекеттік органдардағы жемқорлық қауіпқатерлерін анықтау мақсатында 32 бағыт бойынша талдау өткізетінін айта кеткеніміз жөн. Әсіресе, денсаулық сақтау, кеден сияқты салалар бойынша түйінді жұмыстар атқарылуда.

Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасының жасалуы да өткен жылдың маңызды оқиғасы болып саналады. Осы картаға облыс бойынша 22 инвестициялық жоба ұсынылып, Панфилов ауданында балық өнімдерін қайта дайындау жөніндегі зауыт құрылысы, Талдықорғандағы спорттық-сауықтыру кешенінің және Жамбыл ауданындағы этномейрамхананың құрылысы қаржыландырылды. Облыстық палатаның инвестициялық жобалары Қытайдың Бейжің және Чанша қалаларында өткен 8-ші инвестициялық жобалар жәрмеңкесі мен 10-шы мерейтойлық «Чанша-ЕО – 2016» инвестициялық форумында таныстырылды. Сондай-ақ, өңірлік карта жобасы «Made in Kazakhstan» тауар өндірушілері жәрмеңкесінің және кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы жобаларының инвестициялық жәрмеңкесінің қатысушысы атанды.

Тағы бір айта кететін мәселе, мамандарды даярлаудағы халықаралық тәжірибемен танысу мақсатында палата мамандары былтыр Қытайдың Ганьсу провинциясына іссапарға барып, студенттерді ауыстырып оқытуға келісім жасап қайтты. Биыл олардың алғашқы тобы көрші елге бармақшы. Осы тұста дуалды оқытудың да жұмыс берушілер үшін маңызы зор екенін айта кеткен жөн. Қазір облыстағы 27 колледж 140 кәсіпорынмен бірігіп, 17 мамандық бойынша кадрларды дуалды оқыту әдісімен даярлауда. Бұл қатарда «ТАТЭК» АҚ, «Глазман» мен «Қайнар АКБ» ЖШС-лары бар. Сондай-ақ, былтыр «Байсерке-Агро» компаниясы Талғар агробизнес және менеджмент колледжін сенімділік басқаруға алды. Бұл Елбасының қолдауымен елімізде алғаш рет сынақтан өтіп жатқан жоба саналады. Сондықтан, биыл облыстық палата халықаралық деңгейдегі жұмыс берушілердің форумын ұйымдастырмақшы. Оған 300-ден астам кәсіпкер жиналып, дуалды оқытудың тиімді жақтарын айтып береді.

Айта кетерлігі, облысымызда 47 мыңнан аса шаруа қожалығы ауылшаруашылығы жұмысымен айналысады. Алайда, өңір тұрғындарының арасында бұрынғы кеңестік кооперативтер туралы теріс пікірден әлі де арыла қойғандар баршылық. Облыстық кәсіпкерлік палатасы сарапшыларының тиянақты түсіндіруінің нәтижесінде 22 ауылшаруашылық кооперативі тіркелді. Қазір сол кооперативтердің сауда желілерімен әріптестік орнатуына көмектесуде. Мысалы, «Ақөзек» АӨК Новосибирск қаласындағы супермаркет желілеріне пияз жеткізе бастады. Сондай-ақ, Алматы қаласының сауда желілері ет, көкөніс және жемістерді сатып алуға қызығушылық танытуда. Нәтижесінде, өңірлік «Федор» АӨК мен алматылық «Golden Food» компаниясының арасында 60 тонна көкөніс пен жеміс жеткізу туралы келісім жасалды.

Жетісу өңіріне сапары барысында Елбасы қант қызылшасын өсіруді жандандыру бойынша тапсырма берді. «Атамекен» ҰКП шағын несиелеу пилоттық бағдарламасын сәтті жүзеге асырған жетісулықтар «Өңірлер бизнесі» деп аталатын жобаны барынша шырата түсті. Оған «ALMEX» инвестициялық қоры арқылы «Атамекен» ҰКП мен облыс әкімдігі 300 млн. теңге бөлді. Жобаны жалғастыруға керекті несиелерді «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ ұсынды. Осы жоба аясындағы кәсіпкерлердің өтінішін облыстық кәсіпкерлер палатасының несие комитеті қарап, облыстың бизнес-қоғамдастық өкілдері ҰКП ұсынысы бойынша 87 жобаны қаржыландырды. Жобалар мен қаражат алу мәселесі кәсіпкерлерден құралған несие комитетімен қаралып, мақұлданып отырды. Барлығы бағдарлама бойынша 150-ден астам кәсіпкерге несие берілді. Қазіргі таңда несиелерді қайтару бекітілген кесте бойынша жүргізілуде, бірқатары толығымен қайтарып үлгерген. Бұл ауыл кәсіпкерлері екінші деңгейлі банктердің қаржыландыруынан қорықпауы керек дегенді білдіреді.

Әрине, ауылшаруашылығы саласында суды пайдалану, оның ішінде суды жеткізу бойынша баға мәселесі толғантпай қоймайды. Мысалы, өткен жылы Көксу ауданының кәсіпкерлері 1 текшеметр судың құны 52 тиынға дейін қымбаттағанын айтып облыстық кәсіпкерлер палатасына арызданады. Тексеріс кезінде Ескелді ауданында 1 текшеметр суға 18 тиын баға белгіленгені анықталады. Осылайша палата мамандары «Казсушаруашылығы» мекемесімен келіссөздер жүргізіп, су тарифтерін қайта қарау туралы ұсыныс беріп, судың бағасын төмендетуге түрткі болады.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту аясында облыстық кәсіпкерлер палатасы агробіліктілік орталығымен бірлесе облыс шаруа қожалықтарында оқыту семинарын жүргізген. Жыл бойы 135 семинар ұйымдастырылып, оған 2 мыңнан астам адам қатысқан. Сонымен бірге, облысымызда сервистік-дайындау орталықтары құрылуда. Оларға бөлінетін қаржы алдымен облыстық кәсіпкерлік палатасының сараптауынан өтеді. Сонымен қатар, кооперация құру мен тауарларды өткізу бойынша жұмыстар да палатаның құзырына өткен. Осы орайда көрерменнен түскен сұрақ өте көп болды. Оған палата директоры:

– Палатаның қолдауымен пилоттық негізде 22 жеке ауылшаруашылығы кооперативі құрылды. Олардың тауарларын өткізу мақсатында алматылық кәсіпкерлермен кездесу ұйымдастырып, келісімшартқа қол қойылды. Шара Тимур Құлыбаевтың төрағалығымен, облыс әкімі Амандық Баталовтың және Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің қатысуымен өткенін айта кетейін. Бұл барыста біз ауылшаруашылығын дамытудың жаңа бағдарламасына кооперативтерді қаржыландырудың жаңа механизмін енгізу, құрал-жабдықтарды тиімді шарттармен алу бойынша сұрақтарға жауап таптық», – деп жауап берді.

Облыстық кәсіпкерлер палатасы кәсіпорындарға түрлі байқау арқылы да қолдау көрсетіп келеді. «Атамекен» ҰКП-ның «Алтын сапа», «Қазақстанның үздік тауары» сияқты республикалық байқауларына былтыр облыстан 20-дан астам компания қатысты. Астана қаласында Президенттің қатысуымен өткен жиында «ТК Метакон» компаниясы «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» атағына, ТАТЭК компаниясы «Экологияға қосқан үлесі үшін» қола медальға қол жеткізді. Қазақстанның үздік тауары байқауында «Үздік өндірістік мақсаттағы тауарлар» аталымы бойынша «Алматы бояулары» компаниясы 3-орын алды. Сонымен бірге, «Қайнар АКБ» компаниясына «Ұлы Дала елі» брендін пайдалану құқығы берілді. Осылайша, бұл компаниялар Жетісу жерінің абыройын асқақтатып, бизнесінің даму қарқынын көрсетіп тұр.

Кәсіпкерлік саласында әлі де күрмеулі мәселелер жетерлік. Облыстық кәсіпкерлік палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаеваның айтуынша, даму институттарының, қолдау құралдарының жұмыс жасап жатқанына қарамастан секторда туындап қалатын қиыншылықтар жоқ емес. Мәселе адам факторына ғана емес, сонымен қатар, заңдағы кедергілерге де тіреліп тұр. Осы кедергілерді жою керек. Десе де, отандық бизнес ішкі нарықтық және сыртқы экономикалық өзгерістерге қарамастан дамудың даңғыл жолын тауып, өз жұмысын жалғастыруда. Бәлкім, кәсіпкерлік қызметтің бір ерекшелігі де осында шығар.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының алдағы жоспары да ауқымды. Олар биылғы жылды «Аудандар мен ауылдар жылы» деп жариялап, аудандық филиал директорларының есебін тыңдауды бастады. Сондай-ақ, жергілікті жерлерде кооперация құру, тауарлы-сүт фермасын ашу, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ), туризм мәселелері бойынша өңірлік форумдар мен конференцияларды өткізуді жоспарлап отыр. Ең бастысы, облыстық палата «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін Кәсіпкерлер үйін құруды ұсынды. Бұл бастаманы Алакөл ауданының әкімі Әлібек Жақанбаев көтеріп отыр. Өйткені барлық жерде кәсіпкерлер мен әкімдердің қарым-қатынасы бір деңгейде емес. Бүгінгі таңда Текелі мен Қапшағай қалалары, Қаратал, Ескелді, Үйғыр аудандарының әкімдері кәсіпкерлерге мүмкіндік тудырып отырғанымен кейбір аудандардағы әкімшілікі кедергілер азаяр емес.

«Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін Кәсіпкерлер үйі құрылса кәсіпкер әкімдіктің табалдырығын тоздырмай, бар мәселені бір жерде шеше алады. Расымен, ауылдық жерлерде тұратын кәсіпкерлер қолдауға мұқтаж. Олар заңдағы соңғы өзгертулер, жеңілдіктер және бизнесті қолдау тетіктері туралы біле бермейді. Сондықтан биыл палата өкілдері ауыл кәсіпкерлерін қолдау тетігін күшейтуді мақсат етуде. Осы тұста кәсіпкерлердің аудандық кеңесінің жұмысын ширату мәселесі де күн тәртібіне қойылып отыр.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЖЕРДІ ЗАҢ АЯСЫНДА пайдаланайық

Облыс бойынша жер қорының жалпы көлемі 22358,4 мың гектарды құрайды. Оның 8,6 млн. гектардан астамы ауылшаруашылығы маңызына ие десек, 1023,3 мың гектары егістік, 453,4 мың гектары суармалы алқап. Жер қатынастарын реттеудің бірден-бір жолы жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау болып саналады. «Алматы облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» (бұдан әрі – басқарма) ММ жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Жер қатынастары саласындағы түйінді мәселелердің қатарына мемлекет меншігіндегі жерлерді өз бетімен басып алуды жатқызуға болады. Бұл мәселенің басқадай жер заңнамаларын бұзушылардан айырмасы – кең көлемде және жүйелі түрде сипат алуы мен жылда қайталанылуы. Бұл мәселені бағамдаған Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы «Жерді өз бетінше басып алуға қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері туралы» 2016 жылдың 3 қарашасында өткен алқа отырысында қабылданған хаттамалық шешімінің негізінде «Жер заң аясында пайдаланылсын – басып алуды тоқтатайық» жобасын (бұдан әрі – Жоба) жүзеге асыру бойынша негізгі тәсілдер мен ұсыныстарды мақұлдап, жергілікті жерлерде іске асыруға жолдады. Осы Жобаны жүзеге асыру бойынша жасалған іс-шаралар жоспарының 1.2.3. тармағына сәйкес облыс прокурорымен келісе отырып облыс әкімі бекіткен Алматы облысындағы жер заңнамаларын бұзып пайдаланушылар мен пайдаланбаушылардан жерді қайтарып алуды қамтамасыз ету жөніндегі Жол картасын жүзеге асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар іске кірісті.

Мұндағы мақсат – жергілікті атқарушы органдар мен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ Алматы облысы бойынша филиалы – «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» департаментінің жер заңнамаларын бұзып пайдаланушылар мен пайдаланбаушылардың жер телімдерін зерделеп, мониторинг жүргізу, яғни облыс аумағын аралап шығу, жер телімін игеру мерзімін, нысаналы мақсаты мен мекенжайын анықтау, мүдделі мемлекеттік органдардан ақпараттар жинау болып табылады. Жол картасы бойынша атқарылған жұмыстардың есебі жарты жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігіне тапсырылады.

Жерді басып алуды қалай түсінуге болады?

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 12-бабының 27) тармағында меншік иесінің немесе жер пайдаланушының рұқсатынсыз бөтен жер учаскесін иелену, сондай-ақ, мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті шешімінсіз иелену – жер учаскесін өз бетінше иеленіп алу деп танылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 136-бабында жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген, бұл жерде мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленіп алу немесе айырбастау не жерге мемлекеттік меншік құқығын тіркелей немесе жанама нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сондай-ақ, уақытша иеленген мемлекеттік жерді уақытылы қайтармау – жеке тұлғаларға жетпіс бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатыны қарастырылған.

Мұнымен қоса жерге заттай құқықтарды бұзу бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 201-бабының 1. тармағында «…бөтен жер учаскесіне заңсыз кіріп кету, сол сияқты бөтен жер учаскесін заңсыз басып алу екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» делінген. Мемлекет меншігіндегі жерді заңсыз иеленіп алу өзекті мәселенің біріне айналуда, яғни мемлекет қорындағы жерлерді өз бетімен иелену бойынша 2015 жылы 49 субъекті әкімшілік жауапқа тартылып, жер заңнамасын бұзушыларға әкімшілік іс қозғалып айыппұл салынып, заңсыз иеленген жерлерді қайтару жөнінде нұсқамалар берілген болса, 2016 жылы 17 субъект әкімшілік жауапқа тартылды. Бұған азаматтардың өзінің жер телімінен тыс 3,5,15 метрге дейінгі жерлерді қосып, қоршап алуы, бос жатқан жер деп автогараждарды орнатуы, тағы сол сияқты әрекеттерді жатқызуға болады. Басқарманың аудан, қалалалардағы мемлекеттік инспекторларының жер иеленушілерге жер заңнамасын түсіндіріп, тексеру жүргізу кезіндегі қажырлы еңбегінің арқасында 2016 жылы жерді өз бетімен басып алу оқиғалары айтарлықтай азайды.

Жер иеленушілер мен пайдаланушылардың назарын Кодекстің 164-1-бабына сәйкес заңсыз иеленуші өз бетінше иеленіп алған жер учаскесін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген әкімшілік жазалар қолданылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде босатуға және өз бетінше иеленіп алған жер учаскесінде салынған (салынып жатқан) құрылысты, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзі немесе өз есебінен бұзуды жүзеге асыруға міндетті екеніне аударғым келеді. Заң талаптарын білмегендік жауапкершіліктен құтқармайды. Барлық жер пайдаланушылар алған жер телімдерін жер заңнамасының аясында күтіп-баптап, нысаналы мақсатқа сай, қоршаған ортаға зиян келтірмей пайдалануларын қажет.

Нұрғали БАҚТОРАЗОВ, Алматы облысы жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы-мемлекеттік инспекторы.

СЕМИНАР



Жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған текті елдің ұрпағы едік. Өкінішке қарай, бүгінде жетім-жесірлерді былай қойып, шімірікпей ата-анасын да Қарттар үйіне өткізіп жіберетіндер кездесіп қалады. Алайда, адамның ниеті өзгерсе, қоғамның бағыт-бағдары да түзелетіні сөзсіз. Оны әлеуметтік жағынан қорғалмаған жандарға деген жанашыр көзқарастан аңғарып жүрміз. Бұлай деуімізге Қарасай ауданында өткен екі шара негіз.

Балалар болашағы

Облыстық прокуратураның ұйымдастыруымен Қаскелең қаласындағы Абай атындағы мектеп-гимназияда өткізілген «Балалар үйінсіз Жетісу» атты семинар, аты айтып тұрғандай, жетім балалардың үйде тәрбиеленуі мәселесіне арналған болатын. Аудандағы мектептердің директорлары, мұғалімдер, ата-аналармен қатар қалалық және ауылдық округтердің әкімдері де қатысқан бұл алқалы басқосуды аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнар Такимова жүргізіп отырса, Қарасай аудандық прокуратурасының прокуроры Ермек Базарбаев, облыстық білім басқармасының мамандары Әлия Молотова мен Меруерт Әбдікәлиева көпшілік қауымға қажетті ақпарат жеткізіп, жетім балаларды асырап алудың, қамқорлыққа алудың заңды жолдарын түсіндірді.

Бүгінде өлкемізде мемлекет қамқорлығына зәру үш мыңға жуық жеткіншек бар. Олардың 51 пайызы жетімдер болса, 49 пайызы ата-ананың қарауынсыз қалған бейкүнә буын. Бір ғана Қарасай ауданында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 248 бала тіркеуге алынған.

Семинар барысында жиналғандарға баланы өз атына жаздырудың, қамқорлыққа алудың, қорғаншылық жасаудың рәсімдеудің қыр-сырлары, отбасылық балалар үйін ашудың, құжаттандыру мен қаржыландырудың жолдары кеңінен түсіндірілді. Соңғы жылдары елімізде қараусыз жеткіншектерді отбасылық тәрбиеге алу жайы артып келе жатқанына байланысты балалар үйі азайған. Бұл жас өскіндерді масылдық көзқарастан құтқарып, ата-ана қамқорлығын көріп өсуіне септігін тигізері сөзсіз.

Шараның жалғасы «Samryk-Kazyna Trust» қорының әлеуметтік жобаларды қолдау бағдарламасы бойынша «Солнечный круг» үкіметтік емес ұйымы қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Қаскелең мектеп-интернатында өтті. Мұнда аталған қордың көмегімен жұмсақ сенсорлық бөлменің, логопед кабинетінің жиһаздары толықтай жаңартылып, коррекциялық және дидактикалық құралдар орнатылған. «Жылы жүрек – жомарт қол» тақырыбындағы семинарға қатысқандар осының бәрін көздерімен көріп, қалай жұмыс жасайтынымен танысып қайтты. Шарада «Самұрық-Қазына» қорының өкілі Азамат Жортекин, «Солнечный круг» ҮЕҰ-ның төрайымы Сәуле Оразбаева және оның орынбасары Нурия Литвинова өздері атқарып жатқан шаралар мен мақсаты жайлы түсініктеме берді.

Қуат ӘБІЛ.
Қарасай ауданы.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Әйелдер құқығы шектелмейді

Соңғы жылдары ішкі саясаттың құрамдас бөлігі ретінде «гендерлік саясат» ұғымы көп айтылып жүр. Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарына теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерлеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Мемлекет басшысы бекіткен гендерлік теңдік стратегиясы негізінен ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу мақсатында билік пен қоғамның өзара тиімді әрекет етуіне бағытталып шығарылған заң. Бүгінде азаматтық қоғамда ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде, кең көлемде жұмыстар жүріп жатыр.

Елімізде әйелдер теңдігін қамтамасыз етуге ықпал ететін екі заң қабылданған. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заң тек әйелдерге ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқықтарын сақтап, тұрмыстағы қысымды болдырмауға ықпал етеді. «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» демейді ме? Бүгінгі күні әйелдер қоғамыздың барлық салаларында белсенділік танытуда. Олар қандай қызмет атқарса да үлкен жауапкершілік пен сенімділіктің, жоғарғы кәсібиліктің үлгісін көрсетіп, уақыт көшінен қалмай, болашаққа деген сенімнің зор ұйытқысы болуда.

Г. МАЛЫБАЕВА,
Жамбыл аудандық сотының жетекші маманы.

ЖАЙДАРМАН

ЖАСТАРҒА МОЛ МҮМКІНДІК

Астана қаласындағы G-Global баспасөз орталығында өткен брифингте жастарға арналған «Менің жасыл Қазақстаным» байқауының басталғаны туралы айтылды. Байқау шарттары мен өткізілу тәртібін «Ресурсты үнемдеу мен энерготиімділік қоғамдық палатасы» ЗТБ басқарма төрағасы Елдос Абақанов пен БҰҰ биоәртүрлілік саласындағы жобалар менеджері Талғат Кертешев түсіндіріп берді.

Ең алдымен аталған байқауды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен «Энергия тиімділік пен ресурстарды үнемдеу қоғамдық палатасы» ЗТБ бірлікте ұйымдастырып отырғанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, байқаудың сәтті жалғасуына G-Global халықаралық хатшылығы мен «Жасыл» экономиканы қолдау мен G-Global-ды дамыту коалициясы» ЗТБ және «Қазақстанның еріктілер альянсы» ЗТБ қолдау көрсетуге ниет білдіріп отыр. Байқау жайлы қосымша ақпаратты www.green-kaz.org www.group-global.org сайттарынан көре аласыздар.

– Аталмыш байқаудың бірнеше түрлі маңыздылығы бар. Біріншіден, біз осы арқылы жастардың жасыл технологияға деген қызығушылығын оятамыз. Екіншіден, өңірлердегі жасыл технологиямен жұмыс жасайтын мекеме немесе басқа да ұйымдарды анықтауға мүмкіндік туады. Үшіншіден, байқаудың тақырыбы биыл елімізде өтетін ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесінің тақырыбымен үндесіп жатыр. Сондай-ақ, байқауда үздік деп танылған жұмыстарды ел аумағында насихаттап, басқалардың үлгі алуына мүмкіндік береміз, – дейді ұйымдастырушылар.

Демек, елімізде тұңғыш рет қолға алынған байқаудың арқалайтын жүгі аз болмайтыны анық. Өйткені, ол «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы және Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға өту тұжырымдамасын жүзеге асыру, жасыл технологиялар мен жаңартылған энергия көздерін қолдану мен ілгерілетуге жұмылдыру мақсатында «Қазақстан Республикасы Үкіметіне қолдау көрсету» жобасы аясында ұйымдастырылуда.

Оған ел аумағындағы 15 пен 29 жас аралығындағы азаматтар толық қатыса алады. Басты талабы қатысушы тұрғылықты жеріндегі жасыл технологиялар немесе жаңартылған энергия көздерін қолданатын мекеме, шаруашылық, жеке кәсіпкер, тағы да басқа субъектілер жайлы 30 секундтық бейнеролик түсіреді. Онда технологияның қалай жұмыс жасайтыны және оның артықшылықтарын толығымен көрсетілуі керек. Сонымен қатар, бейнеролик пен қатысушыларға арналған сауалнаманы толтырып, 10 мамырына дейін energy-2050@mail.ru электронды мекенжайына жіберуі тиіс.

Қатысушылардың жұмысын ҚР Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері, халықаралық ұйым өкілдері, мемлекеттік ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерінен құралған сарапшылар анықтайды. Ал жеңімпаздар халықаралық «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы конференциясы аясында шілденің 12, 13-жұлдызында Астана қаласында марапатталады.

Гүлназ КЕНЖЕХАНОВА,
ЖМУ-дың студенті.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 29-30 (18306)
Сейсенбі, 14 наурыз, 2017 жыл.

ЖЕТІСУ-ақпарат

Индустриялық даму

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының мәжіліс залында «Қазақстан – 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық», – атты сайлауалды бағдарламасына арналған жиын өтті.

Аталмыш бағдарламаның «Индустриялық даму» бағыты бойынша өткен комиссия отырысына облыстық мәслихат депутаты Жанна Телпекбаева, облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Маржан Мұрат, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Мұсаев және бірқатар басқарма басшылары қатысты. Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Олар облыс бойынша индустриялды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан жобалар мен кәсіпкерлікті қолдау өңірлік бағдарламасының картасы аясында пайдалануға енгізілген, кәсіпорындарды оңалту жөнінде қабылданған шаралар.

Бұл жайында сөз алған Маржан Мұратқызы: «Алматы облысында кәсіпкерлік саласына үлкен мән берілуде. Оның дәлелі 2016 жылы кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттен жалпы құны 15,4 мрд. теңге қолдау көрсетілді. Сондай-ақ, биыл Ақсу қант зауыты іске қосылмақшы», – деп өңірде инвестиция тарту жағынан атқарылып жатқан игі істерді баяндады.

Отырыс қорытындысы бойынша жиынға қатысушылар пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар келешекте де облыс экономикасын өркендететін жаңа кәсіпорындар ашылып, ел игілігіне қызмет ететініне сенім артылды.

Әсерлі кеш

Талдықорған қаласында Ұлттық ұлан 5514 әскери бөлімшесінің сарбаздары қазақ өнерінің жұлдызы, Қазақстанның халық әртісі, әнші әрі режиссер, киноактер Кәукен Кенжетаевқа арналған әдеби кеш өткізді.

Мәжіліс залына жиналған сарбаздардың назарына алдымен бейнеролик ұсынылды. Бейнероликте республикалық өнер академиясының профессоры Кәукен Кенжетайұлының өмірбаяны толық қамтылып, киноларда сомдаған рөлдерінен хабар берілді. Оның әнші ғана емес, жазушылық пен педагогтық қыры да ашылды. Бар ғұмырын қазақ өнеріне арнаған талант иесінің атағы тек ТМД елдерін ғана емес, әлемді шарлап жүр. Осындай беткеұстар тұлғаларымыз арқылы жұртымыздың да айбыны асқақтары айдан анық.

5514 әскери бөлімшесінің тәрбие тобының мемлекеттік тіл нұсқаушысы Бақыт Қойшыбаева осы сынды тұлғалармен әр қазақстандықтың мақтануы керектігін айтып өтті. Сондықтан сарбаздардың да танымы кеңейіп, шығармашылыққа уақыт бөліп отырулары керек.

Сарбаздар Кәукен Кенжетаев (шын есімі Әбдірахым) туралы пікір алмасып, рөлдерінен көрініс сомдады. Осы сынды тұлғаларға арналған әдеби кештер болашақта да жалғасын таппақ.

Алғыс хат алды

Жамбыл аудандық кітапханасында «Ортақ шаңырақ аясындағы достық» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Оған ауданда тұрып жатқан түрлі ұлт өкілдері қатысып, ой-пікірлерін ортаға салды. Шараға жиналғандарды аудан әкімі аппаратының басшысы Абзал Нұрпейісов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қырғызбек Атагелдиев өткен Алғыс айту күнімен құттықтады.

Жамбыл ақын жерін құтты қоныс етіп, бір атаның баласындай тату-тәтті өмір керуенінде өсіп-өніп отырғандар қазақ еліне, қонақжай халқына, Отанға, бір-біріне ризашылықтарын білдірісті. Бұл орайда түрік, ұйғыр, орыс этномәдени орталықтарының жетекшілері мен осы орталықтардың мүшелері айтулы күнге орай ыстық лебіз білдірді. Сондай-ақ, «Ақ әжелер» халықтық ансамблінің көркемдік жетекшісі Күміс Кемелбекова, аудан орталығында орналасқан әскери бөлім басшысы, подполковник Баянғали Есжанов, «Ұзынағаш» медициналық колледжінің басшысы Элдар Юлдабаев ізгі тілек жолдады. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға және ауданның мәдени-қоғамдық істеріне белсене қатысып, жас жеткіншектерді қазақстандық патриоттық рухта тәрбиелеуге қосқан зор үлестері үшін бірнеше адам аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Түрлі ұлт өкілдерінің өнерпаздары ән салып, ұлттық билерін ұсынды. «Ақ әжелер» ансамблінің ақ жаулықты апалары халық әнін айтып, «Жас Ұлан» оқушылар үйінің балғын бишілері «Достық» биін орындады.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ЖЫЛЫЖАЙ БҰЙЫМДАРЫН ШЫҒАРАДЫ

Елтай ауылдық округіне қарасты Көкөзек ауылында «Holland Green Tech» компаниясына тиесілі жылыжайлар кешенін салуға қажет металл конструкцияларын жасайтын зауыт жұмыс істейді. Мұнда жылыжайдың құрылыс бөлшектерін жасап қана қоймай, тапсырыс берушінің қалауы бойынша оны құрастырып, қажетті техникалық құралдармен де қамтамасыз ете алады. Мұнда өндірілетін өнімдер Алматы облысы ғана емес, елдің барлық өңірлерінде үлкен сұранысқа ие.



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

– Жаңадан ашылған кәсіпорын бір гектар аймақта орналасқан. Ал, өндірістік ғимараттар 3 мың 500 шаршы метр аумақты алып жатыр. – дейді зауыт директоры Сайлау Бисембаев. – Мұнда толықтай голланд технологиясы пайдаланылады. Өнімділігі, жылу сақтау мен өзге де өндірістік сапалары жағынан бұл жылыжайлар өзгелерден ерекшеленеді. Ал, кешенді құрастыру кезінде барынша қарапайым әдістер қолданылады.

Кәсіпорынның жобалық қуаты-күніне 8 тонна металл каркастарын шығаруға есептелген. Осылайша мұнда 72 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туып отыр. Бұл жерде, алғашында жергілікті жұмысшылардың жаңа кәсіп пен жоғары технологиялы аспаптарды меңгеріп кетуі үшін Түркияның мамандары еңбек еткенін айта кету керек. Дегенмен, жұмысшылардың негізін аудан тұрғындары құрайды.

«VENLO» жүйесі бойынша шыныдан құрастырылған жылыжай бұйымдарын шығаратын бұл қазақстандық кәсіпорын оған қажетті бөлшектерді жасап қана қоймай, жылыжайды құрастырумен, құрылғыларын орнатумен, сонымен бірге сервистік қызмет көрсетумен де айналысады. Компания әлемге әйгілі голландық «BOM Group» фирмасымен әріптестік жасай отырып, елі соңғы жетістіктерді жеткізіп жатқаны да қуантады. Заманауи технология мен бағасы жағынан өте тиімді ұсыныс жасап келе жатқан бұл кәсіпорынның өнімі қазірдің өзінде қазақстандық және жақын шетелдік мамандардың қызығушылығын тудырып отыр.

Алюминий мен құрыштан құйылатын металл құрылғылар ауа райының өзгерістері мен ылғалға өте төзімді. Сондықтан әктеп-сырлаусыз-ақ 30 жылға дейін қызмет ете алады. Қалыңдығы 4 милиметрлік шыны қабырғалары күн сәулесін қажетті мөлшерде өткізуге арналған. Сонымен бірге, арнайы құрылғылар арқылы жылыжай ішінде қажетті температураны ұстап отыруға мүмкіндік бар.

– Біз әлемдік стандарттар мен талаптарды ескере отырып өзімізге лайықты, қазақстандық климатқа сай келетін жылыжай кешендерінің жобасын жасауды қолға алдық, – дейді Сайлау Бисембаев. – Заманауи жабдықтар, сапалы шикізат, жолға қойылған технологиялық жүйе және кәсіпқой мамандар берілген тапсырыстарды уақытылы әрі сапалы атқаруға мүмкіндік береді. Ал, жылыжайды құрастыру кезінде жерді тегістеу, құрылыстың іргетасын құю, шынымен қаптау, қажетті құрылғыларды орнату, жылу және суғару жүйесін жүргізу, желдету мен табиғи күн сәулесін пайдалану шараларын өз мамандарымыз жүзеге асырады. Технологиялық үрдісті автоматтандыру, қажетті субстраттар мен химиялық қоспаларды жеткізу, агрономиялық кеңестер беріп, өндірілген өнімді өткізу маркетингін үйрету жұмыстарын да қосымша атқара аламыз. Жасалған жұмыстың сапасына кепілдік бере отырып, жылыжай кешеніне үнемі қызмет көрсетуіміз бұл бизнеспен айналысамын деушілердің көңіліне сенімділік орнатады.

Жаңадан ашылған кәсіпорын осылайша Қазақстан нарығын сапалы отандық өнімдермен қамтамасыз етуге өз үлесін қоспақ.

Қарасай ауданы.

АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ

Облыстық әкімдіктің мәжіліс залында облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында жиын өтті.

Төтенше жағдай төнсе егер...

Айдар ҚАЛИЕВ

Басқосуда су қоймаларының қауіпсіздігі және өңірімізде осы мәселеге қатысты жұмыстың қалай атқарылып жатқандығы жіті талқыланды. Облыс бойынша Балқаш, Сарқан, Райымбек аудандарындағы қар қалыңдығы нақтыланып, қатаң бақылауға алынған. Сонымен қатар өзен-көлдердің, су жинау бекеттердің су деңгейлері өлшеніп күнделікті тексеріліп тұрады. Осы мәселелерді тағы бір нақтылап алған Лаззат Мақатұлы: «Біз әрқашан төтенше жағдайға дайын болуымыз қажет. Кімнің қандай жұмыс атқаратындығын көсетіп, оқу-жаттығу жиынын ұйымдастыруымыз керек. Судың деңгейін көтерген кезде де қауіп төндірмейтін деңгейде ұстауымыз керек. Ең бастысы, су қоймаларының қауіпсіздігі», – деп бұл бағытта жұмыла жұмыс істеу керектігін басты назарға алды.

«Казгидрометтің» болжауы бойынша наурыз бен сәуір айларында жауын-шашын нормадан артық мөлшерде жауады және ауа райы температурасы жоғарылайды. Осыны ескере отырып облыстық төтенше жағдайлар департаменті Қаратал өзенінің бойына барып оқу-жаттығу жиынын өткізді. Ауа райының қолайсыздығына қарамай, өз міндеттерін мінсіз атқаратындықтарын көрсеткен департамент» қызметкерлері адамдарды су басқан аймақтан қайық және альпинистік құрал-жабдықтарды қолдана отырып қауіпсіз орынға жеткізді. Зардап шеккендерге дәрігерлер де көмек көрсетіп жатты. Бір сөзбен айтқанда төтенше жағдай қызметкерлері қандай қиындыққа да сақадай-сай екендерін көрсетті.

Аталмыш жиын Журналистер үйінде «Төтенше жағдайға дайынсыз ба?» – атты брифингпен жалғасын тапты.

МАЛ ТӨЛДЕТУ

Асыл тұқымды мал әкелінді

Жамбыл ауданының Қарақыстақ ауылында жылына 6 мың тонна сүт өндіретін заман талабына сай салынған кешен туралы бұған дейін жазылған болатын. Сүт және ет өндірісін дамыту бағытында қазір ауданда жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Өткен жылы Қарақыстақ ауылындағы «Табыс» шаруа қожалығы «КазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының қаржылай көмегімен жалпы құны 1 млрд. 780 миллион теңге тұратын алты жүз басқа арналған тауарлы-сүт кешенінің құрылысын ойдағыдай аяқтаған болатын. Жуырда аталған шаруашылыққа Украинадан «Голштино-фриз» атты екі жүз бас тұқымы асыл сиырлардың алғашқы легі жеткізілді. Алдағы уақытта тағы төрт жүз сиыр әкелінеді деп жоспарланып отыр. Себебі, бұл шаруашылық алты жүз бас Зеңгібаба тұқымын сатып алуға келісімшарт жасасқан. Қожалықтың тыныс-тіршілігін көруге аудан әкімі Жандарбек Далабаев келіп, жұмыс жоспарымен танысты. Әкімнің сөзінше, шаруашылық толық қуатында жұмыс істесе жылына алты мың тонна сүт өндірмек. Осыған байланысты кәсіпорын қуаттылығы бес мың тонна сүт өңдейтін зауыт салуды жоспарлапты.

Әкелінген буаз құнажындар жақында бұзауламақ. Шаруашылықтың сүт өнімдері аудан көлемінде ғана емес, сондай-ақ, Алматы нарығына да шығарылатын болады.

Көгедай ШӘМЕРХАН.

Жамбыл ауданы.

Өнімі айтарлықтай

Елбасы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында: «Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Ауыл шаруашылығын әртараптандырып, 2021 жылға қарай азық-түлік тауары экспортын 40% көбейтуді тапсырамын», – деп атап көрсеткен болатын. Осы міндеттерді жүзеге асыруға сарқандық шаруа қожалықтары, мал шаруашылығының еңбеккерлері де сүбелі үлес қосуда. Оған өткен жылдың табысты аяқталуы негіз болып отыр.

Ауданда мемлекет қамқорлығының нәтижесінде мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Қой-ешкінің 108209 басқа жетуі осы сөзімізге дәлел. Сондай-ақ жылқы, ірі қара, түйе түліктері бойынша да өткен жылдарға қарағанда өсім бар.

– «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көлкөсір» деп атам қазақтың орынды айтқанын түліктің осы түрін еншілеген шаруа қожалықтары дәлелдеп келеді, – дейді аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Нұртілеу Мұқашев. – Бұл саланы дамытуға Екіаша ауылдық округіне қарасты малшы қауымы белсене атсалысуда. «Ргебек», «Қалкеев Б.», «Нүспеков Д.», «Береке», «Атекеева А.» шаруа қожалықтарындағы мал басы өз төлдері есебінен жылдан-жылға көбею үстінде.

Шопан таяғын, малшы құрығын ұстауға ниеттенген азаматтардың басын қосып, берекелі белестерімен ел еңсесін көтеруге өзіндік ықпалын тигізіп жүрген Қалкеевтер отбасын ауылдастары орынды мақтан тұтады. Ынтымақ арқылы қолдары ырыс-құтқа жетіп отырған бұл отбасы ағайын-туысқа қамқорлық жасап, жаңа жұмыс орындарын ашып, кәсіпкерліктерін кеңейте түсуде. Бүгінгі келісті тіршілігі жылдар бойы төккен маңдай терлерінің жемісі.

Биыл да жылдағыдай шалғайдағы «Талтал» учаскесінде мал қыстатқан Бекмұханбет Қалкеевтің қожалығындағы 138 бас ірі қара, 164 бас жылқы қыстан шығынсыз шықты. Шелді малдың төлді екендігін ескерсек, көктем көгі жетілісімен қыс бойы күтім көрген 200 бас саулықтың соңынан тағы да төл ереді. Малшылардың маңдай тер, табан ақысы өтеледі. Осы мақсат жолында жылдағыдай сақманшылар іріктеліп, мал төлдету науқанын ұйымшылдықпен өткізуге қам-қарекет жасалуда.

Жомарт ИГІМАН.

Сарқан ауданы.

ЖИЫН

Қоғамдық келісім – тұрақтылық кепілі

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен «Ауылдық округ күні» аясындағы көшпелі отырыс ел аумағында жоғары деңгейде аталып өтті. Оған жетісулықтар да өз деңгейінде үн қосты. Жалпы, облыс аумағында өткен көшпелі отырыс 16 мыңнан аса адамды қамтыды.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Қажет АНДАС

Көксу аудандық әкімдігінде өткен шараны аудан әкімі Алмас Әділ жүргізіп, «Достық үйі» қоғамдық келісім орталығының директоры Тәңірберген Қасымберкебаев, облыстық қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов, тағы да басқа мамандар баяндама оқып, іс-шараның маңызды тұстарына тоқталды.

Кейінгі жылдары Қазақстан халқы Ассамблеясының жанынан құрылған қоғамдық келісім кеңестерінің жұмысы жанданып келеді. Бүгінде облысымызда 627 қоғамдық келісім кеңесі жұмыс істейді. Соның ішінде бір облыстық, үш қалалық, он алты аудандық және 252 ауылдық округ, 340 елді мекен және 15 ірі кәсіпорындағы қоғамдық келісім кеңестері өз міндеттерін мінсіз атқаруда. Кеңестің құрамында бес мыңға жуық адам болса, оның дені кезінде ел тізгінін ұстаған, халықпен қоян-қолтық жұмыс істеген зерделі азаматтар. Сол қатарда облыс бойынша жұртпен тікелей жұмыс істейтін 298 медиатор болса, оның отызға жуығы кәсіби маман. Олар ел арасындағы ұсақ-түйек дау-шарды, ұрыс-керісті, ұлт пен ұлыстар арасында туындап қалатын түсініспеушілікті ауыздықтауда үлкен рөл ойнауда.

Алдағы уақытта да еліміздегі керемет жобалар атқарылатын болады. Яғни, осыған дейін екі реткі жаңғыруды нәтижелі орындаған отандастарымыз еліміздің Үшінші жаңғыруында жүйелі жүзеге асыратыны анық. Осы орайда қоғамдық келісім кеңестерінің белсенділігін арттырып отыру керек.

Көксу ауданы.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

Менің тапсырмам бойынша биыл «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы іске асырыла бастайды. Ол аса маңызды міндетті орындауға – алдағы 15 жылда 1,5 миллион отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған.

Әкімдіктер халықтың әлеуметтік әлсіз топтары үшін сатып алу құқығынсыз арендалық тұрғын үй бөлу ісін дамыта беретін болады. Жаппай тұрғын үй құрылысы үшін әкімдер тиісті жер телімдерін бөлуге тиіс. Біз қалаларда жеке тұрғын үйлердің бірыңғай сәулет стилінде салынуына мән беретін боламыз. Бұл үшін мемлекет қажетті инфрақұрылым тұрғысынан көмек көрсетеді.

БОЛАШАҚҚА ЖЕТІ ҚАДАМ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында ел дамуы жолында биік белестерді бағындыру мен халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелері көтерілген. Президент Жолдауы – Қазақстан халқының және билігінің алдындағы шешілуге тиісті мақсат-міндеттер, жоспарлар мен шаралардың негізгі құжаты. Олар қоғам дамуына байланысты жаңарып отырады. Ғылыми негізделген, нақты міндеттерді шешу жоспарлары бар мемлекеттер ғана заңғар биікті бағындыра алады.

Жаңа белестерге жетелейтін Жолдауды бүкіл ел болып анық бағамдауымыз керек. Ондағы берілген тапсырмалар мен міндеттерді талқылап, жүзеге асыру үшін жанымызды салып, аянбай еңбек етуіміз керек. Мемлекет басшысы айтқан басымдықтардың әрбірі еліміздің нығайып, өркендеуі үшін өте маңызды. Тәуелсіздік алғалы текті халықтың әлеуметтік әл-ауқаты да жақсарғаны анық. Осы уақытқа дейін еліміз екі жаңғыруды бастан өткерді. Мұның барлығы Елбасының сарабдал саясатының жемісі десек, артық болмас. Мәселен, еліміздің бірінші және екінші жаңғыруында экономика іргетасы берік қаланып, биік межеге жеттік. Қазақстанның қай қаласын алып қарасаңыз да адам танымастай өзгеріс тапқан. Талдықорған да жыл өте түрленіп келеді. Әлем көз тіккен додалардың бізде өтуі де даңқымыздың дүниежүзіне жайылғандығынан десек артық айтпағандығымыз. Қазақстандықтарға арнаған осы Жолдауында да ертеңгі болашаққа бағытталған нық қадамдар мен нәтижелі игі істер тоғысқан еді. Үшінші жаңғырудың мемлекетіміз үшін үлесі ұшан-теңіз болмақ.

Тәуелсіз еліміз ширек ғасырда биік белестерді бағындырды, жемісті әрі жүйелі еңбек етіп, әлем назарына іліктік. Мұндай жетістіктерді біз үнемі дәлелдеп келеміз. Жолдауда қойылған міндет-мақсаттар бір жылда ғана атқарылатын шаруа емес. Бұл бізге алдағы уақытта бағыт-бағдар береді. Еліміздегі жетекші салаларды қолдауға, оларды дамытуға айқын жол сілтейді. Алдыңғы қатарлы озық 30 елдің қатарына қосылуда Ұлы Дала елінің жарқын болашағына зор сенім артып, үлкен жауапкершілік жүктейді.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауы елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру жолын белгілейді. Индустрияландыру мен инновацияның негізіндегі экономикалық өсімге қол жеткізуде, цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – Елбасы бекіткен маңызды міндеттің бірегейі. Осындай жетістікке жету жолында Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың істеген игі істері орасан. Оның әлемдік үрдістерді, қайшылықтар, қауіптер мен катаклизмдерді терең түсінетін сұңғыла мемлекеттік қайраткер екендігі осы тұста анық байқалады. Осы жолда біз, барша жетісулықтар, бірігіп «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара отырып, нәтижелі еңбек етуіміз керек.

Серік МҰҚАНОВ,
облыстық
мәслихат хатшысы.

ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Талдықорған қаласындағы Достық үйінде облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбайдың жүргізуімен кеңейтілген кеңес өтті.

КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕС

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы мен конституциялық реформаларға қатысты Үндеуін Ассамблея кеңесі мүшелерімен талқылау мақсатында өткен жиында екі мәселе қаралды. Біріншісі Жолдау мен Үндеуді талқылау болса, екіншісі Қоғамдық келісім кеңесі қызметіндегі медиация институтының рөлі және дамуына арналды. Облыстық ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестік өкілдері, Қоғамдық келісім, аналар және ардагерлер кеңесінің төрағалары, сот қызметкерлері, кәсіби және кәсіби емес медиаторлар, «Нұр Отан» партиясының мүшелері қатысқан басқосуда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының бас маманы Сәуле Сұрабалдинова сөз алып, барша жиынға қатысушыларды конституциялық реформаларды жүзеге асыру жұмыстарына бір кісідей атсалысуға шақыратындығын айтты.

Кеңейтілген кеңесте медиацияның маңыздылығы баяндалып, бүгінгі таңда алар орны бағамдалды. Қатысушылар істі сотқа дейін жеткізбеу тұрғысында өз пікірлерін ортаға салды.

М. ДАНИЯРҰЛЫ.

ІССАПАР

ҰБТ – СОҢҒЫ СЫНАҚ ЕМЕС

Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР 300 мың тұрғыны бар Еңбекшіқазақ ауданының тынысымен танысты. Іссапар барысында аудан аумағындағы жөндеу жұмысын қажет ететін ғимараттарға бас сұқты. Соған орай көптен бері жөндеу көрмеген Шелек ауылындағы аурухана жұмысымен танысу барысында балалар емханасын салу мәселесін қарады.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Қараусыз немесе тастанды сәбилерге арналған балалар үйінде қазіргі таңда 25 сәби жатыр. Ал оларға 70 маман қызмет көрсетуде. Сондықтан жұмыскерлердің санын қысқарту керектігі назардан тыс қалмады. Олардың жұмыссыз қалмауын Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Бинәлі Ысқақ қадағалайтын болады. 2016 жылы ҰБТ-дан 81,5 пайыз көрсеткен Абай атындағы орта мектептің іші суық. Жөндеуді қажет ететін білім ордасының 11-сынып оқушыларымен кездескен Жақсылық Мұқашұлы:

– Көпшілігі ҰБТ-ны өмірдің соңы деп қабылдайды. Одан қорықпау керек, құлап қалсаңдар налымаңдар. Ең бастысы, ҰБТ емес, сендердің тәрбиелерің, өмірлерің. Жоғары оқу орнына биыл түсе алмасаңдар, келешекте түсесіңдер, – деді.

Жаңадан ашылған Достық ауылындағы Қаратұрық орта мектебінің асханасында білім ошақтарында сатылуға тыйым салынған заттар саудаланууда. Айталық, газды сусындар мен түрлі шоколад өнімдері. Облыс әкімінің орынбасары аталған кемшілікті жою керектігін қатаң тапсырды. 600 орынға арналған Қаракемер кәсіптік колледжінде 335 студент оқуда. Заманауи оқу ордасындағы 400 орынды жатақханада 100-ден астам студент бар. 4 маман даярлайтын колледжге жаңа мамандық ашып, студенттердің санын арттыру керектігі ескертілді.

Бәйдібек би ауылындағы дәрігерлік амбулатория болашақта облыстық оңалту орталығына айналмақ. Ал Есік қаласындағы аудандық перзентханада 2016 жылы 4628 сәби дүние есігін ашқан. Дәрігерлерге ана мен бала денсаулығын қатаң бақылауда ұстау керектігі айтылды. Өткен жылы 10 бала өлімі тіркелген. Үшауысымды Абылай хан атындағы орта мектепке қосымша ғимарат пен күрделі жөндеу қажет. Басшылық болашақта аталған мәселе өз шешімін табатынын жеткізді.

Ал аудандық аурухана мен Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің жұмысы көңілден шықты. Сапар соңындағы аудандық актив жиынында Жақсылық Мұқашұлы жетіспей жатқан 11 дәрігер мен 6 мұғалімнің орнын аудан әкімі Бинәлі Ысқаққа жыл соңына дейін толтыруды тапсырды.

Еңбекшіқазақ ауданы.

СЕМИНАР

САРАПТАМА МҮМКІНДІГІ МОЛАЙДЫ

Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үрдісін жетілдіру және сараптау қызметінің тиімділігін жоғарылату мақсатында «Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиалының жиынжайында «Алматы облысындағы жобалау-құрылыс кешенінің бүгіні мен болашағы» тақырыбында семинар-кеңес өтті. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов, «Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиалының директоры Нұрлан Шымбаев, сондай-ақ, осы саланың мамандары, облыстық басқарманың басшылары, жекеменшік жобалаушы мекемелердің өкілдері қатысты.

Қажет АНДАС

Шара аясында «Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Татьяна Евтушевская облыстық филиалдың өткен жылғы атқарған жұмыстары жайында баяндама жасады. Сонымен қатар, «Мемсараптама» облыстық филиалының мамандары ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу барысында мемлекеттік сараптама ұйымы мен тапсырыс берушілердің өзара әрекеттестігінің құқықтық аспектілерін, жобаларды қарастырудың жалпы тәртібі мен техникалық қолдау аясында туындайтын мәселелер, түзету жасалатын объектілер және құрылысы аяқталмай қалған объектілерге сараптама жүргізудің ерекшеліктері, өңірдегі жобалау саласының сапасын арттырудағы мемлекеттік сараптама мен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы арасындағы өзара әрекеттестік мәселелерін түсіндіріп берді.

Олардың айтуынша, мемлекеттік сараптама жүргізу мемлекеттік инвестициялар есебінен және отандық, шетел инвесторларының қатысуымен қаржыландырылатын объектілер мен кешендердің құрылысын жүргізуде аса маңызды кезең саналады. Бүгінгі күнде облысымыз құрылысы қарқынды дамыған өңірге айналды. Оның үстіне құрылыс саласында да алаңдатарлықтай жағдайлар орын алған жоқ. Оған «Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиалы көп үлес қосуда. Аталған мекеме 2003 жылдан бері облысымыздың жобалау-құрылыс саласына зор үлес қосып, соңғы үш жыл ішінде 4528 нысанның жобалау-сметалық құжаттамасын тексеріп, қорытынды берді.

Сөз арасында Республикалық «Мемсараптама» ұйымы методологиялық басқармасы басшысының орынбасары Талант Омарбековтен облыстық филиалдың жұмысы туралы пікірін сұраған едік:

– Қазіргі күнде еліміздің барлық өңірлерінде жергілікті билік пен жобалау институттарының қатысуымен кездесулер өтіп жатыр. Осыдан былай Елбасының тапсырмасы бойынша мемлекеттік сараптаманың барлық қызметі электронды түрде жүргізіледі. Өздеріңізге белгілі, кәсіпкерлердің мүддесін қорғау мен кәсіпкерлікпен алаңсыз айналысуына жағдай жасау мақсатында заңдарға өзгеріс енгізілуде. Соған сай бұрындары экологиялық, санитарлық, құрылыс, тағы да басқа сараптама бөлек-бөлек жүргізілсе, жаңа өзгерістерге сай бәрі бір мекемеге біріктірілді, – дейді ол.

– Ұлт жоспарының 47-қадамын жүзеге асыру мақсатында ел Үкіметі шаралар жоспарын әзірледі. Оған сәйкес 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік емес сараптамалық мекемелерге құрылыс саласындағы сараптамалық жұмыстардың 50%-ына дейін, ал 2020 жылы 90%-ына дейін беріледі деп жоспарлануда. Бұл сараптамалық қызметті ширата түседі деген ойдамыз. Облыстық филиалдың жұмысы өте нәтижелі жүріп жатыр.

Шара барысында мемлекеттік сараптама ұйымы, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, жобалау ұйымдары арасында ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізудің бизнес процесі аясында туындайтын маңызды мәселелер әңгіме өзегіне айналды.

КӨКЖИЕК

ӘҢГІМЕ ӨЗЕГІ – ӘРІПТЕСТІК

Облыстық әкімдікте «Мемлекеттік жекеменшік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңын түсіндіру бойынша семинар өтті. Мақсаты – мемлекет пен жекеменшік әріптестікті нығайтуда орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, сондай-ақ бизнес өкілдері үшін ауқымды әдістемелік жұмыстарды іске асыру.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Семинарға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджеттік инвестиция және мемлекеттік жекеменшік әріптестікті дамыту департаментінің басшысы Нұрым Аязбаев, «Мемлекеттік жекеменшік әріптестік» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Ғалымбек Мамраев және облыс және Алматы қаласы әкімдіктерінің өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған Жолдауында: «Жекеменшік капиталды экономикаға тарту үшін мемлекеттік жекеменшік әріптестіктің барлық жолын пайдалану қажет. Мәселен, мемлекеттік мүлікті сенімді басқаруға беру, қызмет көрсету келісімі, тағы басқалары. Осы орайда, әсіресе шағын жобаларға барынша келісім құжаттарын тез және оңтайлы жасауды ойластырған жөн. Мемлекеттік жекеменшік әріптестіктің жобалары әсіресе инфрақұрылымдық, оның ішінде әлеуметтік жобаларды іске асыратын механизмге айналуы тиіс» деп мемлекеттік жекеменшік әріптестіктің маңыздылығын айрықша атап өткен болатын.

Осыған байланысты облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында өңірде мемлекеттік жекеменшік әріптестікті дамыту негізінде ауқымды жұмыстардың атқарылып жатқанын мәлімдеді.

Лаззат Махатұлы: *– Мемлекет басшысы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында мемлекеттік жекеменшік әріптестікті мемлекет пен бизнестің басты жалпыұлттық міндеттерін қалай бірлесіп шешетінінің айғағы ретінде атап көрсеткен болатын. Сондықтан, біз бұл бағытта нәтижелі жұмыс істеуге тырысудамыз. Ол үшін инвестор тарту жұмысы белсенді жүргізілуде. Жалпы, 2020 жылға дейін облыста мемлекеттік жекеменшік әріптестік негізінде құны 56,6 млрд. теңгелік 66 жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр,* – деді.

Айта кетейік, былтыр жалпы құны 2,1 млрд. теңгеге 8 жоба іске асырылды, биыл 20 млрд. теңге болатын 11 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Оның үшеуі балабақша, алтауы ауылшаруашылығы, екеуі энергетика саласында. Ал келесі жылы жоба саны 47-ге жетпек. Олар 37 балабақша, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинайтын 9 полигон және 1 музей.

Жиын барысында мемлекет пен жекеменшік әріптестікті нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар баяндалды. Айта кетейік, «Мемлекеттік жекеменшік әріптестік туралы» Заңның шыққанына екі жыл. Семинарда осы Заңның талапшарттарына қатысты өзгерістер мен толықтырулар түсіндірілді. Ғалымбек Бейбітұлының айтуынша, Алматы облысы мемлекеттік жекеменшік әріптестік шеңберіндегі жобаларды жүзеге асыруда көш бастап тұр.

Нұрым Аязбайұлы бүгінде мемлекеттік жекеменшік әріптестікті дамытудың нормативтік-құқықтық базасы қалыптасып, жеке серіктестікті анықтаудың процедуралары оңайлатылғанын сөз етті. Сондай-ақ, семинарда мемлекеттік жекеменшік әріптестік жобасының типтік конкурстық құжаттамалары, экономиканың жекелеген салаларында мемлекеттік жекеменшік әріптестікті жүзеге асыру тәсілдері бойынша мемлекеттік жекеменшік әріптестіктің типтік келісімшарттары түсіндірілді. Жиынға қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға да жауап қайтарылды.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 36 (18312)
Сенбі, 1 сәуір, 2017 жыл.

РЕСМИ КЕЗДЕСУ

ЖАРҚЫН ІСТЕР жалғасады

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ ҚХР ШҰАР Боротола-моңғол автономиялы облысының делегациясын қабылдап, екі облыс арасындағы түрлі саладағы ынтымақтастықты дамытудың мүмкіндіктерін саралады. Кездесуде Қытай тарапынан Боротола-моңғол автономиялы облысының губернаторы Бадымала, Алатау ауданының мэрі Әлимжан Розы, Алатау аудандық халықтық құрылтайының тұрақты мүшесі, үгіт-насихат бөлімінің басшысы То Темыр, Алатау қаласы халықтық өкіметі мэрінің орынбасары Гүлжаннат Қуанбай, инвестициялық компания өкілдігінің директоры Гао Жиджун болды. Біздің тараптан облыс әкімінің орынбасарлары мен облыстық басқарма басшылары қатысты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Кездесуде сөз алған Амандық Ғаббасұлы алдымен Елбасы бастамасымен Қазақстан және Қытай мемлекеттері арасындағы сауда-саттық, туризм, мәдениет, кәсіпкерлік, тағы басқа салаларда бірлесе атқарылып жатқан жарқын бастамаларды тілге тиек етті. Сондай-ақ, облыстың бай тарихы мен экономикалық ахуалын, туризм мен басқа да саладағы даму үдерісін, халықаралық сауда байланысындағы Жетісу өңірінің орны мен маңыздылығын сөз етті. «Қорғас» және «Достық» кедендерінің облыс бюджетін толтырып отырғаны айтылып, Жетісу өңірінің ел экономикасын дамытуға қосып жатқан үлесі сараланды.

Өз кезегінде Бадымала да Қытай – Қазақстан арасындағы сауда-саттыққа қан жүгіртіп отырған «Алашанку» кедендерінің тиімділігімен бөлісті. Сондай-ақ, Боротола-моңғол облысында туризм саласының ерекше қарқынмен дамып келе жатқанын тілге тиек етті.

Екіжақты әңгімеден кейін аспанасты елінен келген қонақтар өз ойларымен бөлісті. Олар Алматы облысы мен Боротола-моңғол облысын жалғап жатқан «Достық» және «Алашанку» кедендері арасындағы 13 шақырым бейтарап аймаққа өз қаржысымен сауда орталығын салып, сол арқылы Қазақстанда өндірілген тауарларды тиімді бағада қытай тұтынушыларына саудалауға жол ашпақ. Сонымен қатар, авто және теміржол салу мен Алакөл жағалауындағы туризмді дамытуға да қыруар инвестиция құюды мақсат етуде.

Осы ретте облыс әкімі бұл ұсынысқа алдағы уақытта нақты жауап беретінін айтты.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

«ҚҰРҒАҚ ПОРТТЫҢ» мүмкіндіктері пайдаланылады

Инвестиция тартып, ел экономикасының әлеуетін еселеу өңір әкімдері үшін басты міндеттің бірі. Осы ретте облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Татарстан Республикасының Менделеев муниципалды ауданының делегациясымен кездесті. Екіжақты пікір алмасу барысында мәдениет, ауылшаруашылығы, сауда және өнеркәсіп салаларындағы байланыс туралы кеңінен сөз өрбітті.

Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

Жиын барысында делегация Жетісу өңірінің еркін экономикалық аймақ құрудағы, көлік логистикасындағы тәжірибесімен танысып, мәдени-рухани қарым-қатынастарды нығайтуды көздейтіндіктерін жеткізді. Әрі халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесіне де қатысуға ниетті екендіктерін тілге тиек етті.

– ЭКСПО көрмесіне республикамыздың Президенті Рустам Минниханов келеді деп күтілуде. Егер сол сапарында муниципалды аудандардың жетекшілерін ертетін болса, біз көрмені тамашалауға қуана келеміз. Жалпы Татарстанда 45 муниципалды аудан бар. Біздің басты мақсатымыз – қазақ елімен тығыз қарым-қатынас орнату, – деді Менделеев ауданының басшысы Валерий Чершинцев.

Бұдан соң ол аудан тарихы мен Менделеев қаласының өркендеуі, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, маңызды әлеуметтік және өнеркәсіп нысандары туралы баяндай келіп, Панфилов ауданында жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобаларды өз көздерімен көргенін айтты. Ондағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА мен «Құрғақ порттың» зор мүмкіндіктері туралы өз пікірлерін ортаға салды.

Өз кезегінде Амандық Ғаббасұлы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына тоқталып, өзара тәжірибе алмасудың әрқашан тиімді нәтиже беретінін де атап өтті.

– Сіздерге біздің елде, соның ішінде облысымызда мол мүмкіндік ашылып отыр деуге болады. Екіжақты келіссөздер өз нәтижесін берсе, келешекте өздеріңіз көріп қайтқан «Құрғақ порт» арқылы өз өнімдеріңізді Қытай нарығына еркін шығара аласыздар. Ол үшін бізде барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, алдағы уақытта екі елдің мәдени-рухани байланысын арттырамыз деген ойдамын, – деді облыс басшысы.

Осы кездесуге дейін делегация Талдықорған қаласының көрнекті орындарын аралап, қалалық көпсалалы ауруханада, Достық үйінде болды. Осы барыста қонақтар бауырластарымен де кездесіп, өзара ой бөлісті.

Келісімшартқа қол қойылды

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік темір жол желісі Татарстан астанасы Қазан қаласы арқылы өтеді екен. Алыстан келген қонақтарды осы темір жол қатынасы қатты қызықтырды. «Алтынкөл» халықаралық темір жол бекетіндегі кездесуде болашақтағы Алматы облысы мен Татарстанның Менделеев ауданы кәсіпкерлерінің іскерлік қарым-қатынасында темір жол арқылы тауар алысудың маңызы мол екендігі айтылды.

Жетісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында іске қосылған «Құрғақ порт», құрылысы жасалып жатқан «Логистикалық орталық» және «Индустриялық орталық» қызметтері екі тараптың сауда-саттығының өрістеуіне қолайлы мүмкіндіктер туғызатыны татар елінен келген іскер азаматтарды қуантты. Арнайы экономикалық аймақтағы осындай теңдесі жоқ жаңалықтардың қонақтарды ерекше қызықтырғаны соншалық, олар алдын ала белгіленген басқа өндіріс орындарын көруге үлгерген жоқ.

Панфилов ауданы әкімдігінің кіші жиынжайында өткізілген жергілікті кәсіпкерлермен кездесуді аудан әкімі Бердәулет Абдулдаев кіріспе сөз сөйлеп ашып, қонақтарды таныстырды. Жиында Татар Республикасының Менделеев ауданының басшысы Валерий Сергеевич Чершинцев сөз сөйлеп, сапардан алған әсерлерімен бөлісті. Сонымен қатар 300 мыңнан астам халық тұратын Менделеев ауданының Ресейдегі ең ірі өндіріс ошақтары шоғырланған өңір екендігін нақты мысалдармен саралап жеткізді. Онда химия өндірісі дамыған. Жаркенттік ауылшаруашылық өндірісіне қажет тыңайтқыштар да осы қалада өндіріледі. Алматы облысының тұрғындарына қажет тауарлар жасайтын басқа да өндіріс орындары көп көрінеді.

Жиында «Алатау» АҚ президенті Болат Тәкенов, «Ирада» ЖШС төрайымы Суриям Изимова, Менделеев қаласындағы тыңайтқыштар шығаратын кәсіпорын директоры Фарун Абдрахманов сөз сөйлеп, кездесу өткізіп отырған екі ел арасында іскерлік байланыс жасауға негіз болар мүмкіндіктердің молдығына қуанышты екендіктерін білдірді. Жиын соңында Панфилов ауданының әкімі Б. Абдулдаев пен Татарстан Республикасының Менделеев ауданының басшысы В. Чершинцев өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту, тереңдету жөніндегі келісімшартқа қол қойды.

Панфилов ауданы.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ШЕШІМІ

2017 жылғы 30 наурыз
Талдықорған қаласы
№13-75

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ХАТШЫСЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 19-бабындағы 1-тармағына сәйкес Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облыстық мәслихатының хатшысы лауазымына Сұлтан Мырзабекұлы Дүйсембінов сайлансын.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы Ж. ЖӨРГЕНБАЕВ.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

САПАЛЫ КИІМ ТІГЕДІ

«Алтын жұлдыз текстиль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымы бірнеше жылдан бері тапсырыс бойынша елдегі ірі құрылыс компанияларының жұмысшылары мен құқық қорғау, денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне арнап киім тігеді. Қарасай ауданының Іргелі ауылдық округінде орналасқан бұл кәсіпорын қазір жүзден аса жергілікті тұрғынды еңбекпен қамтып, отандық өндірістің өркен жаюына үлес қосуда.

Тігіннен бөлек құрылыс бұйымдары мен техникалық құралжабдықтар және жиһаз бөлшектерін дайындауды қолға алған. Өндіріс орнына кірген мезетте-ақ тіршіліктің тоқтаусыз жүріп жатқанын көресің. Дайын өнімдер тау болып үйіліп жатыр. Мұнда қажетті маталар таңдап алынып, тапсырыс бойынша дизайнерлердің үлгісімен дайындалады. Өндірісте жүзден аса тігін машинасы орнатылған. Тігіншілер киімнің әр бөлшегін бөлек, мәселен, біреуі қалтасын, келесісі жағасын, енді бірі жеңін тігеді. Бұдан соң өнім құрастырылып, дайын болғандары арнайы маманның тексеруінен өтеді. Яғни, сапасы қадағаланады, үтіктеліп, бүктеледі.

Жұмыс екі ауысым бойынша жүргізіледі. Мұндағы қызметкерлердің жағдайына да жақсы көңіл бөлінген. Тегін тамақпен қамтамасыз етіліп, жалақылары еңбегіне қарай уақытылы төленеді. Айта кетейік, өткен қысқы Универсиада ойындарына қатысқан спортшылардың киімдері осы ұжым еңбеккерлерінің қолынан шыққан. Қазіргі кезде фабрика Қазақстанның барлық аймағымен тұрақты қарым-қатынас орнатқан. Шетелдік компаниялармен де байланысын үзбейтін көрінеді.

Клара КӨПБАЕВА.
Қарасай ауданы.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

«НҰРОТАНДЫҚТАР» жұмысы көңілден шықты

Облыстық әкімдікте мәслихаттың XIII кезекті сессиясы өтті. Оған облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ, облыстық басқарма басшылары, аудан, қала әкімдері мен депутаттар қатысты. Сессия жұмысын облыстық мәслихаттың депутаты Жанболат Жөргенбаев жүргізді.

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Күн тәртібінде алғашқы кезекте «Нұр Отан» партиясының облыстық мәслихаттағы фракциясымен 2016 жылы атқарылған қызметі туралы есебі тыңдалды. Осыған орай «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, облыстық мәслихаттағы депутаттық фракция жетекшісі Ғалиаскар Сарыбаев баяндама жасады.

Бандамашының сөзіне жүгінсек, өткен жылдың 20 наурызында өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы қорытындысы бойынша облыстық, аудандық, қалалық мәслихаттарының құрамына 334 депутат сайланған. Оның 326-сы «Нұр Отан» партиясының, 8 депутат өзге партиялардың мүшелері. Облыстық мәслихаттағы 44 депутаттың 43-і депутаттық фракция құрамына енген.

Мәжілістегі фракция мүшелері мәдениет, білім, спорт денсаулық сақтау және әлеуметтік сала қызметкерлерімен, шаруа қожалықтары, шағын және орта бизнес өкілдерімен 657 кездесу өткізген. Кездесулер барысында партияның «Есіктен есікке» акциясы аясында облыс тұрғындарының тыныс-тіршілігімен танысып, Елбасы, Партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын, Үндеуін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізген.

«Нұр Отан» партиясы алғаш рет пилотты түрде «Ең үздік депутат», «Ең үздік депутаттық фракция» рейтингін анықтау бойынша барлық деңгейдегі мәслихаттардағы фракциялардың және оның мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асырған. Бағалаудың мақсаты депутаттық фракция және оның мүшелері жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру, мемлекеттік, үкіметтік бағдарламаларды, оның ішінде «Нұрлы Жол» бағдарламасын іске асыруға бөлінген бюджеттік қаражаттың тиімді жұмсалуын бақылау, партиялық бақылау мәселелеріндегі фракция рөлін күшейту, фракцияның белсенді мүшелерін анықтай отырып, партиялық кадрлық резервке қосу, халықпен тұрақты кері байланысты қамтамасыз ету, өз міндеттерін сапалы және нәтижелі орындау, фракция депутаттарының белсенділігін арттыру болып табылады.

Бағалау қорытындысы үш деңгей бойынша анықталды. 0-ден – 39-ға дейін «төмен», 40-тан 69-ға дейін «орташа», 70-тен жоғары балл аралығы «жоғары» көрсеткіш. Облыстық мәслихат депутаттары ұсынған құжаттарға сәйкес 19 депутаттың бағасы «төмен», 18 депутаттың бағасы «орташа», 6 депутаттың бағасы «жоғары» бағаланған. Сондай-ақ, «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында облыстағы салынып жатқан нысандар бойынша рейдтік іс-шараларға қатысып, бақылауға алған, азаматтарды қабылдап, сұрақтың оңтайлы шешілуіне ықпал еткен облыстық мәслихат депутаты Ермек Келемсейіт ең жоғары 116 балды алған. Сонымен қатар Доғдыргүл Молдахалықова мен Жақсылық Үшкемпіровтің жұмыстары жоғары деп танылған.

Дәл осындай бағалау бойынша аудандық, қалалық мәслихаттар жанындағы 263 депутаттық фракция мүшелерінің атқарған жұмыстарына сараптама жасалып, 19 депутаттың жұмысы «жоғары», 85-і «орташа», 158-інің жұмысы «төменгі» деңгейде екендігі анықталған. Ал аудандық, қалалық мәслихат жанындағы фракцияның жұмысы бойынша Текелі, Талдықорған қалалары және Іле, Жамбыл, Райымбек аудандары жоғары деңгейге ие.

Партияның басты назарындағы маңызды жұмыстардың бірі – «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша бөлінген бюджеттік қаражаттың тиімді жұмсалуын бақылау. Облыстық мәслихат депутаттары төрағалық ететін 5 комиссия мүшелері құрылыс нысандарының сапалы тұрғызылуын бақылау мақсатында 17 рейд өткізген. Оның ішінде «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ құрылыс жұмыстарына 4 рейд ұйымдастырылған. Сонымен қатар депутаттардың бастамасымен «Алматы – Өскемен» тас жолының 235–259 шақырымындағы құрылыс жұмыстарының сапалы, уақытылы жүргізілуін тексеру мақсатында 3 рейд өткізілген. Нәтижесінде, тас жолдың бір жолағы пайдалануға беріліп, бүгінгі күні құрылыс жұмыстары жалғасын табуда.

Депутаттық фракция мүшелері халықпен кездесулер, қайырымдылық іс-шаралар өткізген. Оның ішінде облыстық мәслихат депутаттары партияның қоғамдық қабылдау бөлмелерінде 944 қабылдау өткізіп, 1109 адам қабылдаған. Партиялық комиссиялардың кураторлары жергілікті мемлекеттік органдарға, азаматтық қоғам институттарына 17 ұсыным жолдап, олар толығымен шешімін тапқан.

– Биыл 26 наурызда барлық деңгейдегі мәслихаттардағы шығып қалған депутаттардың орнына сайлау өткізілді, – деді өз сөзінде Ғалиаскар Төлендіұлы. – Облыстағы 9 сайлау округі бойынша 54903 сайлаушының 54471-і немесе 95,6 пайызы жоғары белсенділік танытып, сайлауға қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша «Нұр Отан» партиясынан ұсынылған кандидаттар орташа есеппен 83,5 пайыз дауыс жинап, жеңіске жетті. Оның ішінде облыстық депутаттыққа үміткер Сұлтан Мырзабекұлы Дүйсембінов 88,1 пайыз дауыспен сайланды.

«Нұр Отан» партиясы Орталық аппаратының бірыңғай мақсатты көрсеткіштеріне сәйкес депутаттардың 30 жасқа дейінгі пайыздық көрсеткіші 6-дан, депутаттардың бастауыш партия ұйымдарының төрағалары ретінде пайыздық көрсеткіші 30-дан кем болмауы тиіс. Ал облысымыз бойынша 30 жасқа дейінгі депутаттардың саны 17 немесе 5,2 пайыз, ал 20 депутат, яғни 6,1 пайызы бастауыш партия ұйымдарының төрағалары. Осыған байланысты, аталған бірыңғай мақсатты көрсеткіштерді орындау үшін бірқатар жұмыстар атқаруымыз керек.

Есепті тыңдай келе «нұротандықтардың» жұмысына көңілі толған депутаттарға облыстық мәслихаттың жаңа хатшысын сайлау ұсынылды. Бүгінге дейін бұл қызметті атқарған Серік Мұқановтың өз еркімен жұмыстан босату туралы өтінішін ескерген халық қалаулылары бұл қызметке бұған дейін облыс әкімі аппаратының басшысы болған Сұлтан Дүйсембіновтің лайықты екендігін жеткізіп, оны бірауыздан қолдап, дауыс берді.

Облыстық мәслихаттың депутаттары Ермек Келемсейіт, Ызғарбек Бектұрсынов сөз сөйлеп, Сұлтан Дүйсембіновтің бұған дейін атқарған жұмысына көңілдері толатынын, жаңа жүктелген міндетті де абыроймен алып жүретініне сенім білдірді. Өз кезегінде сөз алған Серік Мейірханұлы бұған дейін бірлесе жұмыс атқарған депутаттар қауымына, облыс басшысына алғысын жеткізді.

Сессия жұмысын қорытындылаған облыс әкімі Амандық Баталов ел-жұртына 44 жыл қалтқысыз қызмет еткен Серік Мұқановтың жаңа қызметке ауысатынын айтып, осы уақытқа дейін атқарған жұмысына ілтипат білдіріп, иығына шапан жапты. Сұлтан Мырзабекұлының бұл жұмысты өз деңгейінде атқаратынына сенім білдірді.

Жиын соңында келесі сессия отырысының төрағасы сайланды.

БРИФИНГ

ДЕМЕУҚАРЖЫ тиімділігі артады

Биылғы жылға облысымызда жаңа бағдарламамен мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын тиімді пайдалану, инвестициялар тарту және ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін барынша кең қамту мақсатында 24,3 млрд. теңге қаражат бөлінді, оның ішінде субсидия көлемі 19,2 млрд.теңгеге немесе 79%-ға жетіп отыр. Осы және басқа да жаңалықтар туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексенбай Бекішов айтып берді.

Оның айтуынша, Елбасы Жолдауындағы басым бағыттарды орындау мақсатында өңірімізде атқарылып жатқан игілікті жұмыстардың қатары көп. Маңызды құжатта көрсетілген тапсырмаларды орындау мақсатында облыстық басқарма 6 кешенді стратегиялық міндетті айқындап, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалуына күш салуда. Ең алдымен, демеуқаржы төлеу жолдарын қайта қарастырып, өнімді сақтандыру механизмін енгізу қолға алынған. Сала басшысы бұл өзгерістерді толықтай түсіндіріп өтті.

Шара аясында үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді біріктіріп, кооператив желісін дамыту көзделген. Ол үшін сүт қабылдау, мал сою, құс шаруашылығы пунктін ашу және жеміс-көкөніс, картопты қабылдау, сақтау, шағын құрама жем зауыты, сервистік-даярлау орталығын құру, техника сатып алу, тағы да басқа жобаларды іске асырушы ауылшаруашылық кооперативтеріне басымдық берілген. Облыста бұл жұмыс өткен жылдан бері жаңа қарқынмен жүргізіліп, 430 құрылтайшының бірігуімен 53 ауылшаруашылығы кооперативі құрылды, үй шаруашылықтарының қатысуымен 6 сүт және 4 көкөніс қабылдау пункті ұйымдастырылып, отбасылық 429 бордақылау алаңы мен 6 жылжай ашылыпты. Мемлекеттік бағдарлама аясында 2021 жылға дейін 60 мың агросубъектілердің бірігуімен 600-ден астам ауылшаруашылық кооперативін құру жоспарда бар.

Бүгінгі таңда өңірде суармалы егіс көлемін айналымға енгізу мәселесі де өзекті болып отыр. Сала басшысы облысымыздағы айналымнан шығып қалған суармалы жерлердің жалпы көлемінің 127 мың гектарды құрағанын айта келіп, бұл проблеманы шешу үшін «Ислам Даму банкі» есебінен облыстағы 16 ауданның суландыру жүйелеріне қайта жаңғырту жұмыстарына қомақты қаржы бөлінгенін жеткізді. Жұмыс 2 кезеңмен жүргізіліп, бірінші кезеңде Ақсу, Алакөл, Ескелді, Көксу, Үйғыр, Панфилов аудандарында 47,8 мың гектар суармалы жер, келесі кезеңде 10 ауданда 78,8 мың гектар суармалы жер қайта айналымға енгізілмек.

Ауылшаруашылығы өнімін өңдеу өнеркәсібі мен оған қажетті инфрақұрылымды дамыту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Аталмыш бағытта 2021 жылға дейін құны 76 млрд. теңгелік 116 өңдеу нысанын іске қосу жоспарлануда. Оның ішінде трансұлттық компаниялардың инвестициясымен 6 кәсіпорын іске қосылады. Өңдеу өнеркәсібін жетілдіру үшін шикізатпен қамтуды қамтамасыз ету керек. Басқарма басшысы өнімділікті арттыру, егіс алқабы мен мал басын ұлғайту есебінен ауылшаруашылық өнімінің жалпы көлемі 2021 жылға қарай 713 млрд. теңгеге дейін артатынын жеткізді. Сонымен қатар, ауылшаруашылығы кооперативін дамыту аясында ет, сүт, жеміс-көкөніс қабылдау пункті желісі кеңейтілмек.

Бұл шаралар ауылшаруашылығын әртараптандырып, ішкі тұтынуды қамтамасыз етуге, импортты азайтып, экспортқа бағдарлануға мүмкіндік береді. Шара аясында журналистер ауылшаруашылық саласына қатысты сұрақтар қойып, жауап алды.

Қ. ОМАРАҚЫН.

ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ 7 мамыр – Отан қорғаушылар және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен құттықтауы

Құрметті Алматы облысының тұрғындары!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен және 9 мамыр - Ұлы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мамыр айында қанаттаса келетін бұл қос мерекенің өскелең ұрпаққа қайрат беретін патриоттық рухы, қаһармандық қажыры ерекше. Бұл күн Отан қорғаудың жанкешті үлгісін көрсеткен даңқты ардагерлерімізді құрметтеп, шынайы ризашылығымызды білдіруге тағы бір мүмкіндік беретін маңызды мейрам.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек», – деген болатын. Расында да майдан даласында оқ пен оттың ортасында қан кешкен аға ұрпақтың жанкешті ерлігінің, ерлермен бірге иығына түскен ауыртпалық жүгін қайыспай көтерген тылдағы әйел азаматтар мен жасөспірімдердің тынымсыз еңбегінің арқасында Жеңіс жалауы желбірегенін біз ешқашан ұмытпаймыз. Батырлықпен қоса бірлік пен бауырмалдықтың да Жеңіске жетудегі үлесі орасан. Осы құндылықтар бүгінгі бейбіт күнде де барлық жетістіктеріміздің негізгі тірегі болуда. Президентіміздің салиқалы саясаты мен ел бірлігінің арқасында қазақстандықтар тәуелсіз мемлекетіміздің тұтастығы мен халқымыздың жарастығын қамтамасыз етіп келеді.

Кешегі майдангерлердің бүгінгі ұрпағы – бейбіт заманның сақшылары ел шетінде, мемлекет қауіпсіздігінде кірпік ілмей күзетте тұр. Осы жас ұрпақты Отанын сүюге баулу, елі мен жерінің адал патриоттары етіп өсіру жолында қос мерекенің де берер тәлімі мол.

Құрметті жерлестер!

Бізге ашық аспан, бейбіт ұмыр, жарқын болашақ сыйлаған соғыс ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің – аға ұрпақтың алдында әрқашан басымызды иеміз!

Әрдайым еліміз тыныш, заманымыз бейбіт, аспанымыз ашық болсын! Баршаңызға зор денсаулық, өнімді еңбек, толайым табыс, берекелі ұмыр тілеймін!

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Жетісу

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 50 (18326)
Сенбі, 6 мамыр, 2017 жыл.

Ел тілегі


(Шалқыма)

Қазағым жете алады бағаңа кім? Қайғыны қарсылас деп санамадың. Ақ найзаның ұшымен бабаларым қорғаған Ұлы дала батырлары, ұлтарақтай жерді де дараладың. Қайсарлық, қатты мінез болған сәтте, әлемге қанат серпіп бара аламын, тек жеңістің алауын жаға аламын. Нар тұлғалы бабалар салып кеткен, намыстан басқа жолды қарамадым. Қазақ деген атыма кір келтірмей, Ұлы далам, ұлы жол сала аламын, тек жарқын болашаққа бара аламын.

Дәйектерді ақтарсам дерегімнен, қандай қиын сәтке де көнемін мен. Жаугершілік кезең де артта қалды, батырлықпен, бірлікпен кең өрілген. Бабалар ерлігінің арқасында, бүгін бейбіт күндерде келемін мен. Торламастан ешқандай көркімді мұң, азаттықтың таңы атып, желпінді күн. Қайсарлық пен намыстан жаратылған, жиырма бес жыл еңселі еркіндігім. Отарлау, жаугершілік оған дейін, барлығын жеңіп тынды қоғам кейін. Тәуелсіздік таңы атты бір жылдан соң, қарулы күш құрылды одан кейін. Сенімі үзілместен үміттінің, атты алдан шуақты күліп күнім. Шекараны шегенделп, еліміздің қорғайтын әскер құрдық тыныштығын. Содан бері, қуаныш, шаттығым көп, мақтанамын мұхиттан асты үнім деп. Ұлы дала жерінен ұлтарақтай бөлігін шетке бермеу басты міндет. Қайсарлық болаттай қып қоғамымды, жеріме мол мереке қона білді. Әскердің құрылуы қазақ үшін болашаққа жарқын жол бола білді. Жақсылықпен атқызып құла таңды, басты міндет ұлықтау Ұлы Отанды. Қарулы күші елімнің құрылған сәт Отан қорғаушылардың күні атанды. Бұл күннің түсіне алсақ мағынасын, өр елді өркендетер мәні басым. Әскерді әр азамат міндет санап, намыс десе ойнайтын жолы жасын. Отанды қорғау басты борыш болса, темірдей тәртіпке де бағынасын. Содан соң елің аман, жұртың тыныш, қауіп-қатер дегеннен арыласын. Осы сөздің сыр толып астарында, бағытпен биік жолды бастадым да. Қарулы күштеріммен нұрлы болды, тек қана шуақ ойнап аспанымда. Қорғаныс мықты болса болады бақ, жолға бастап қашанда қоғамым ақ. Әскердің әр бағыты дами түсті, қарулы күш қарымы жоғарылап. Қауіпті күндер бізден өткен кетіп, бірліктен шекарамыз кеткен бекіп. Сарбаздар сақтықпенен ел жалауын, келеді төмендетпей көкке өрлетіп. Қайсарлық арта түсті қадамымда, мол сенім пайда болды жанарымда. Әскер күші жыл өте нығаюда, сарбаздық қуат кеңіп, жаңаруда.

Міне, сездім жылуын жақындықтың, күшін көріп қарулы батылдықтың, сарбаздар білегімен, тілегімен, келеді жолын жалғап батырлықтың. Дайын қандай күнге де көнуге де, Отан үшін жан қиып, өлуге де. Бабалар салған жолмен жүрген елден қастандық ойлағандар қорқа бермек, азаттық абыройым артады өрлеп. Осындай батырларым тұрған кезде оларға деген құрмет арта бермек. Әлемге паш етті де атын мәлім, қазағым шын шаттықпен асырды әнін. Мәңгілік Ел берекесін қорғай білген, қуатты бола берсін батырларым. Бола берсін шаттығым мол көктегі, өркенің өссін елім өрлеп тегі. Әскери киім емес, жауынгерді шыңдайды тәрбиесі жөргектегі. Осындай сарбаздарға сенемін мен, Отан үшін от кешіп, ерлік жасап, сол арқылы бақытын көре білген. Тірескеннің тізесін сындыратын, белдескеннің белін де күл қылатын осындай сарбаздарым жасай берсін, жерімді шапағатты, нұр қылатын. Қайсарлық туа біткен жүрегіне, Отан қорғау мақсаты, біледі де. Елінің болашағы ойлағаны, үнемі қосып жүрер тілегіне. Ежелден ер тілегі – ел тілегі, еріне де шын пана болсын елі. Отан үшін туған жауынгерлер, ертеңді ерекше етер ел тірегі.

Қ. СӘБИТОВ.



ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ –72 ЖЫЛ

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Мереке қарсаңында облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің басын қосып, салтанатты жиын өткізді. Оған 200-ден аса ардагерлер мен тыл еңбеккерлері шақырылды. Шара майдангерлердің ерлігі жайлы бейнефильм көрсетуден басталды. Мұнда жетісулық жауынгерлердің өлшеусіз ерлігі мен рухының биіктігі паш етілді. Салтанатты жиында Амандық Ғаббасұлы сөз сөйлеп, бүгінгі тәуелсіздігіміздің беріктігі, еңсеміздің биіктігі осынау мерекенің жемісі екендігіне тоқталды.

Жетісу
Гүлжан ТҰРСЫН



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

– Сіздердің жастық шақтарыңыз Ұлы Отан соғысы кезеңімен қатар келді. Соғыстан кейін де бүлінген шаруашылықты қалпына келтіріп, елдің еңсесін қайта көтердіңіздер. Сіздер қиындық пен ауыртпалықтың бәрін абыроймен жеңе білдіңіздер. Сол үшін де облысымыздың барлық ардагерлеріне шын жүректен алғысымды білдіремін. Отанымызға қауіп төнгенде Жетісу жерінен майданға 120 мыңнан астам адам аттанып, олардың 50 мыңы туған жерге оралған жоқ. Ерліктің ең жоғарғы үлгісін көрсеткен 52 жетісулық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Есімдері аңызға айналған 28 гвардияшы-панфиловшы батырдың 10-ы осы өңірден шыққаны біздер үшін зор мақтаныш, – деді облыс басшысы өз сөзінде.

Жауынгерлер жаумен айқасса, тылда жұмыс істеп, ашаршылықты, ауыртпалықты бастан кешкен ата-апаларымыздың өмір жолы ерлікке пара-пар. Таңнан қара кешке дейін бел жазбай жұмыс істеген қайратты да қайсар жандарға бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз. Қазіргі кезде Жетісу жерінде 190 Ұлы Отан соғысының ардагері, 13 мыңға жуық тыл еңбеккерлері бар.

Облыс әкімі ардагерлерге жасалып жатқан қамқорлықтардан хабардар етті. Биыл ардагерлер мен басқа да санаттағы азаматтардың шипажайларда тегін емделуі үшін 114 млн. теңгеден астам қаржы қарастырылыпты. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері есту аппараттары, қоларба, таяқша, протездік-ортопедиялық бұйымдар сияқты қосалқы және көмекші құралдармен қамтылуда. Осындай көмектер көрсету үшін бюджеттен қомақты қаржы бөлінді. Биыл Ұлы Отан соғысының 237 қатысушысы мен мүгедектеріне коммуналдық қызметтерін өтеуге 19 млн. 300 мың теңге қаржы қарастырылыпты.

Дәл осы күні облыс әкімі Амандық Баталов бірнеше соғыс ардагерінің үйіне барып, құттықтап шықты. Алғашқы болып Алтынай Есболаттың шаңырағына бас сұқты. Майдан даласына оқ-дәрі тасумен шұғылданған паровозшы апа тоқсанның бесеуіне келіпті. Бораған оқтың астында жүріп Днепр өзенінің теміржол көпірін қалпына келтіруге қатысқан ол Отан соғысы ордені және «Еңбектегі ерлігі үшін», басқа да көптеген медальдардың иегері. Алтынай Жанайқызы Алматы облысының және Ақсу ауданының Құрметті азаматы.

– Құрметті Алтынай апа, сізді күллі облыс жұртшылығы атынан құттықтаймыз! Президент Нұрсұлтан Назарбаев сіздерді құттықта, құрмет көрсет деп тапсырма берді. Елбасының сәлемін жеткізе келдік, – деген облыс басшысы Амандық Баталовқа ардагер ана алғысын жаудырды.

Облыс әкімін соғыс ардагері Хасан Боранбаев есігінің алдында күтіп алды. Ардагер әлі тың. Қызыл жұлдыз, I дәрежелі Отан соғысы ордендері мен көптеген медаль кеудесінде жарқырайды. Ол әңгіме барысында осы күнге дейін ауырып-сырқап, дәрігер шақыртып көрмегенін айтты. Облыс әкімі Амандық Баталов майдангерге гүл шоқтарын ұсынып, сый-сияпат табыс етті. Ал оқушылар тақпақ айтып, бейбіт күн сыйлаған жауынгерге алғыстарын білдірді. Григорий Харченконың жаңа пәтері жарық, әрі кең екен. Артиллерия полкінің құрамында Ленинград және Прибалтика майдандарында шайқасқа қатысқан ол II топ мүгедегі болып елге оралады. Ол Үржарда электрстансыда, жылыту стансысында құрылыс жұмыстарында еңбек етеді. Зейнетке шыққаннан соң біраз уақыт жұмыс істеген.

Соғыс ардагерлері өздеріне жасалған сый-сияпат, құрметке көңілдері марқайып қалды. Кеуделері орден-медальға толы майдангерлер жеріміздің қазынасы. Тілейтіндері елдің амандығы мен жұрттың тыныштығы. Ел қорғаған майдангерлерге қандай қамқорлық жасалса да артық емес.



Құрметті ұлттық ат спортының жанкүйерлері!

2017 жылғы 9 мамыр күні сағат 12.00-де облыстық «Талдықорған» ипподромында Жеңіс күніне арналған ұлттық ат спорты түрлерінен республикалық жарыстар өтеді.

Жарыс бағдарламасында: 3 шақырымға тай жарыс, 9 шақырымға құнан бәйге, 15 шақырымға топ бәйге, 7 шақырымға жорға аттар жарысы, 21 шақырымға Аламан бәйге және көкпар жарыстары ұйымдастырылады. Бәйгенің барлық түрінен жүлдеге ақшалай сыйлықтар тігіледі.

Жарысқа қатысуға сұраныстар мекемелер мен жеке адамдардан қабылданады. Жарыстың барлық түрлеріне жазылу: Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі № 222 үй, 304, 307 бөлме, тел: 8-7282 25 35 82, 25-39-45, 25-64-08 (факс).

Келіңіздер, көріңіздер!!!

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

ПАЛАТА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Кәсіпкерлер құқығы қорғалады

«АТАМЕКЕН» ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ТӨРАЛҚА ТӨРАҒАСЫ ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВ ӨҢІРЛЕРГЕ ІССАПАРЫН ЖАЛҒАСТЫРУДА. БЕЙСЕНБІ КҮНІ ЖЕТІСУ ЖЕРІНЕ АТ БАСЫН БҰРЫП, БІРНЕШЕ НЫСАНДЫ АРАЛАП, СОНДАЙ-АҚ, ӨҢІРЛІК КӘСІПКЕРЛЕР КЕҢЕСІМЕН БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫС ӨТКІЗІП, ОБЛЫСЫМЫЗДА БИЗНЕС САЛАСЫНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.

Жетісу
Қажет АНДАС

Тимур Асқарұлының Жетісу өңіріндегі ресми сапары Талдықорған әуежайынан басталды. Аумағы 1700 шаршы метрден асатын әуежайдың кеңейту жұмысымен танысқаннан кейін көп аялдамай ат басын бірден индустриалды аймаққа бұрды. Облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** «Талдықорған», «Береке» индустриалды аймақтарының ағымдағы қызметі мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының жұмысы, сондай-ақ, Панфилов ауданындағы жаңа Нүркент қаласының құрылысы мен «Gate Sity» серіктес қаласын дамыту тұрғысында жүріп жатқан жұмыстар жөнінде мәлімет берді.

Осыдан кейін Ескелді ауданындағы «Нам Г. Н.» шаруа қожалығының қант қызылшасы алқабына барды. Шаруашылық иесі Герман Нам суармалы егіншілікте жаңа технологиялардың қолданылуы өнім көлемін арттыруға мүмкіндік беріп отырғанын жеткізді.

– Шаруашылықта жаңа техникалардың қатарын көбейтуді қолға алдық. Соның арқасында өткен жылы қызылшаның әр гектарынан 600 центнерден өнім түсті. Жекелеген егістіктерде 800 центнерге дейін жетті. Мұның бәрі жоғары сапалы жаңа техниканы қолдануымыздың арқасында мүмкін болуда. Биыл да тұқым себуге арналған Германия елінің құралын сатып алдық. Орта есеппен гектарына 700 центнерден өнім аламыз деген ойдамыз, – дейді ол.

Облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров былтырғыға қарағанда биыл облыстағы егістік көлемінің едәуір артқанын тілге тиек етті. Оған суландыру жүйесін қалпына келтіруге көрсетілген көмектің көп ықпал еткенін жеткізді. Сөз кезегінде қант қызылшасын өсіруге мемлекет тарапынан жасалатын көмек көрсетіліп, минералды тыңайтқыштардың субсидияланатынын, сонымен қатар, тұқым мен пестицидтердің 50 пайызға дейін арзандатылғанын жеткізді.

– Бүгінгі таңда облысымызда қант қызылшасын өңдейтін Көксу қант зауыты іске қосылған. Ақсу қант зауытын іске қосатын инвесторлар жұмысқа кірісіп жатыр. Биыл аймақта қант қызылшасы егілетін аумақты 9 мың гектарға дейін арттырып, 30 мың тонна қант алу жоспарланып отыр. Бұл облыс тұрғындарының қантқа деген сұранысының 84 пайызын қанағаттандыруға, сол арқылы импорттың көлемін азайтуға мүмкіндік береді, – деді Амандық Ғаббасұлы.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Тимур Асқарұлының назарын аударған тағы бір жайт – облыс орталығының ерекше көркейіп келе жатқан Оңтүстік-Батыс тұрғын ауданындағы «Нұрлы жер» бағдарламасының жүзеге асырылу барысы болды. Жаңадан бой көтеріп жатқан бес жаңа шағынауданнан тұратын Оңтүстік-Батыс тұрғын үй алабын жоспарлау жобасы 2012 жылы бекітілген. Содан бері жалпы көлемі 98,7 мың шаршы метр болатын 1787 пәтерлі 24 үй пайдалануға беріліп үлгерді.

– Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жалпы көлемі 12,2 мың шаршы метр болатын 184 пәтерге арналған 3 арендалық тұрғын үй құрылысы жоспарлануда. Сонымен қатар, Оңтүстік-Батыс тұрғын үй алабының аумағында әлеуметтік-мәдени мақсаттағы бірқатар нысан – 9 балабақша, 5 мектеп, емхана, драма театры, Салтанат сарайы, көрме кешені, Халыққа қызмет көрсету орталығы, 4 сауда үйінің құрылысы бой көтереді, – дейді облыс басшысы.

Осыдан кейін палата төрағасы облыстық кәсіпкерлер палатасының жиынжайында өңірлік кәсіпкерлермен кеңес өткізді. Кеңес барысында бірқатар мәселелер көтерілді. Бірінші кезекте «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы палатаның басты бағыты, ұстанымы, келешек мақсаттары туралы айтып өтті. Оның айтуынша, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы еліміздегі бизнесмендердің құқығын қорғауы тиіс. Қазіргі таңда осы бағытта жұмыстар атқарылуда.

Келесі кезекте төралқа төрағасы бүгінгі таңда кәсіпкерлерді қандай мәселелердің толғандырып отырғанына тоқталды. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының атқарып жатқан тағы бір жұмысы – Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі. Кездесу барысында Тимур Асқарұлы шағын және орта бизнеске салынатын салықтың бір бөлігінің жергілікті бюджетте қалуы керектігі туралы өз ойын білдірді. Оның айтуынша, осы арқылы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ынталандыруға болады.

Тимур Құлыбаев Жетісу жерінде кәсіпкерлер мәселесінің оңды шешіліп келе жатқанын ерекше қуанышпен жеткізіп, оған ықпал етіп отырған облыс әкімі Амандық Баталовқа алғысын білдірді. Сонымен қатар, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаеваның атқарған жұмыстарын тыңдап, оң бағасын берді. Кеңес барысында жергілікті кәсіпкерлер тарапынан да көптеген сұрақтар қойылып, оларға «Атамекен» Ұлттық палатасының төралқа төрағасы түсімды жауап берді.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 53 (18329)

Сейсенбі, 16 мамыр, 2017 жыл.

КӨКТЕМНІҢ БІР КҮНІ ЖЫЛҒА АЗЫҚ

ЕГІС АЯҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

Алакөл ауданы мал мен егін шаруашылығын дамытуда мол мүмкіндікке ие. Осы тұрғыдан келгенде ауданда жыл өткен сайын мал басының өсіп, егін алқабының да көлемі арта түскенін білеміз. Әсіресе, өңірде көктемгі науқандық жұмыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, тұрғындардың берекелі тірлікке деген ұмтылысын қамшылай түсті. Оны Алакөл ауданына барған сапарымызда Көлбай ауылындағы ағайындардың қарышты қадамынан аңғарып қайттық.

Қажет АНДАС

Талдықорған — Өскемен күрежолының бойына орналасқан Көлбай ауылдық округіне Көлбай, Қызылқайың, Әлемді, Бұдыр елді мекендері қарайды. Түгін тартса майы шығатын ырысты өңір мал мен егіннің құтты мекені. Олар жыл сайын 53284 гектар жерге ауылшаруашылығы дақылдарын сіңіріп, соның берекесімен үш мыңға жуық тұрғынның пейілін шалқытып отыр. Көктемгі науқандық жұмысқа ауылдық округтегі шаруа қожалықтары бір күнде жұмыла кіріскен. Қазірге дейін 3625 гектар жердің дені жыртылып, тұқым сіңіру жұмыстары да аяқталу алдында. Ол жерлерге дәнді және майлы дақыл, күздік бидай, арпа, күнбағыс, майбұршақ, мақсары, тағы да басқа дақылдар себілуде. Науқанды жұмысқа ауылдық округтегі жүзден астам техника толығымен жұмылдырылған.

Ауылдық округ әкімі Ержан Шәкеровтің бастауымен егіс алқаптарын аралап көрдік. Жоңғар Алатауын бөктерлей құлашын жайған алқапта еңбеккерлер тынымсыз тірлікке көшкен. Бір шетінде қатар-қатар тізілген «Беларусь» тракторлар бұрқыратып жер жыртып жатса, ана шетте сеялкалар жерге дән сіңіріп әбігер. Тағы бір шетінде бұрындары бітеліп қалған арықтарды аршып, ауылға су жеткізетін тоғандарды тазалап жүрген адамдар көрінеді. Қай қырынан келсең де береке-бірлігі жарасқан ырысты елдің бақуатты тірлігін көресің.

Осы тұста айта кетерлігі, Алакөл ауданы жылдан-жылға дәнді және азықтық дақылдардың үлесін арттырып, ел ырысын молайтты. Сондайақ, ауданның су жүйелерін жөндеу жұмыстары жүргізіліп, игерілмей жатқан суармалы егістіктер айналымға қосылды. Мұның шапағаты көлбайлықтарға да тиіпті. Ауылдық округ әкімі биыл алғаш рет 10 гектар жерге қант қызылшасын себуді қолға алмақ екен.

Асыл тұқымды мал басын өсіруге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды орындауда Алакөл ауданы көш басында келе жатқанын айта кеткен жөн. Осыған дейін жайылымдық жерлердің өнімділігін арттыру мақсатында ескі каналдар мен арықтар қалпына келтіріліп, 10 мың гектар жайылымдық жер суландырылды. Алдағы уақытта ет өңдеу комбинатын, шаруашылық кооперативін, сүт қабылдау пунктін, мал бордақылау және мал сою алаңдарын ашуды жоспарлап отыр.

Ауылдың алдағы міндеттері де ауқымды. Олар облыс және аудан басшыларының тапсырмасы бойынша келесі мақсаттар үшін жыл бойы бұрынғы бітеліп қалған арықтар мен каналдарды тазалап, суармалы алқап пен жайылымның аумағын кеңейтуге тырысып жатыр. Сонымен қатар, Көлбай ауылында асыл тұқымды ірі қара түлігін өсіруді де қолға алыпты. Ауылдастар етті және сүтті бағытта мал өсіру мақсатында «Көлбай сүт» атты кооператив құрамына бірігіп, «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы несие алып, жаңа жұмыс орнын ашуға ниеттенуде.

Көлбай ауылы, Алакөл ауданы.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ПУТИН ХОККЕЙ ОЙНАДЫ 2-бет

КОНСАЛТИНГ орталығы ашылды 3-бет

ШАҢЫРАҚ – шағын мемлекет 4-бет

Отан қорғау — борышың

Талдықорған қаласының «Жастар» саябағында ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына 25 жыл толуына орай «Шақырылушы күні» атты әскери-патриоттық акциясы өтті. Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент пен өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен арнайы флешмоб назарға ұсынылды.

Акцияның мақсаты — ҚР Қарулы Күштерінің беделін арттыру, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру және әскери қызмет беделін күшейту. Салтанатты шараға облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменттің басшылығы, Қарулы Күштердің ардагерлері, облыстық және қалалық әкімдіктердің, әскери прокуратураның, «Нұр Отан» партиясының өкілдері, сондай-ақ, шақырылушылардың ата-аналары мен туған-туыстары қатысты.

Шара барысында 100 әскери және 300 жоғары сынып оқушыларынан құралған топ флешмоб өткізді. Олар көк түсті қолшатырмен «7 мамыр» мен «25» жазуларын бейнелеп, мерекеге ерекше серпін берді. Сонымен қатар Талдықорған гарнизоны әскери бөлімдерінің қызметкерлері концерттік бағдарлама ұсынды.

Иісшіл иттерді көрсетті

Облыс орталығындағы «Жастар» саябағында ҚР Ішкі істер министрлігі мен қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен халықаралық «Есірткісіз әлем» акциясы өтті. Жиынға мектеп оқушылары, ұстаздар мен қала тұрғындары қатысты.

Шара Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Мәмбетжановтың алғысөзімен бастау алды.

— Қазіргі кезде нашақорлық әлемдік деңгейдегі өзекті мәселеге айналды. Есірткіні қолданатындардың арасында мектеп жасындағы балалар да бар. Өйткені, жастар еліктегіш келеді. Алғашында қызығушылықтан басталғанымен кейін салынып кеткенін байқамай қалады. Өршіп тұрған бүгінгі күннің дертін ауыздықтау — біздің басты мақсатымыз, — дей келе жастарға есірткі, ішімдіктен аулақ болу керектігін айтты.

Осыдан кейін кинология қызметкерлері есірткіге қарсы оқу- жаттығу жиынын өткізді. Мұнда иттің есірткіні қалай табатындығы, қылмыскерді қалай ұстайтыны көрсетілді. Сонымен қатар концерттік бағдарламалар қойылып, оқушылар флешмоб биледі.

Шара барысында облыстық ішкі істер департаментінің есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімінің полиция полковнигі Қазбек Мұхамедов нашаның қаншалықты зиян екенін, осының салдарынан қаншама жан сал болып қалғандығын тарқатып айтып берді. Оны ауыздықтау үшін жұмыла жұмыс істеп, қарсы тұрып, салауатты өмір салтын насихаттау керектігін тілге тиек етті.

Жиын соңында жастар ұлттық спорт түрлерінен жарысқа қатысты.

ТЖД: ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Төтенше жағдай департаментінің арнайы бұйрығымен көктемгі өрттің алдын алу мақсатында Талдықорған қаласында, мемлекеттік орман шаруашылығының «Орман кордон» аумағында оқу-жаттығу жиыны өтті. Жиынға облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов қатысты.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Облыстық төтенше жағдай департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің басшысы азаматтық қорғау подполковнигі Р. Бояров қауіпті аймақтардың тізбесімен және өрттің алдын алу мақсатындағы атқарылатын шараларды түсіндіріп берді.

Мұнан кейін оқу-жаттығу жиыны басталды. Ең бірінші орман шаруашылығы мекемесінің аумағына орналасқан кезекші бөлімге дабыл қағылды. Әуеге көтерілген орман қорғау мекемесінің тікұшағы жанып жатқан өртті байқап, шұғыл кезекшіге белгі берді. Төтенше жағдай оқиғасын тіркеген кезекші бөлім өрт сөндіру көліктеріне дабыл қағып, өрт аймағын және оның ауқымы жайлы нақты мәліметті жеткізді. Көп ұзамай төтенше жағдай орын алған жерге өрт сөндіру көліктері, арнайы жасақталған ерікті топ, құқық қорғау органдары мен «жедел жәрдем» қызметі жұмылдырылды. Арнайы әскерлер қауіпті аймақты қоршап, өрт болып жатқан аймаққа тұрғындарды жібермей қауіпсіздікті жіті бақылады. Орталық штабтан мәлімет алып отырған төтенше жағдай қызметкерлері тілсіз жауды ауыздықтауға кірісті. Арнайы өрт сөндіру көліктері су шашып, қалған екі көлік өзеннен су тасымалын толассыз қамтамасыз етіп тұрса, ерікті жасаққа тікұшақ Қаратал өзенінен су жеткізіп тұрды. Өрт өшіруге барлық техника мен адамдар тартылып, қызыл жалынмен алысқан департамент қызметкерлері өртті бір сағаттың ішінде толықтай сөндірді. Бұл жайында бас штабқа хабар берілді.

Оқу-жаттығу жиынын сәтті орындаған төтенше жағдай департаментінің қызметкерлеріне облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов алғысын білдіріп, барлық төтенше жағдайға сақадай сай болуымыз керектігін баса айтты.

Өз жұмыстарын сапалы орындаған өрт сөндірушілер бас мекемеге оралып, сақтық шарасын бақылауға қайта кірісіп кетті.

БЕРЕКЕ



Облыс орталығындағы «Жерұйық» коммуналдық базарында әр сенбі сайын ұйымдастырылатын жәрмеңке бұл жолы да жоғары деңгейде өтті. Жалғасын тапқан шарапатты шараның дәстүрге сай өтуі базарлы күннің шырайын келтіріп, берекесін тасытты.

ҚАЛАЛЫҚТАР ДӘН РИЗА

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жәрмеңкеге Ақсу, Ескелді, Қаратал, Көксу, Кербұлақ, Сарқан аудандары мен Текелі, Талдықорған қалаларының ауылшаруашылығы тауар өндірушілері қатысып, өнімдерін нарықтағыдан бірнеше пайызға төмен бағада ұсынды. Сауда сөрелерінде күнделікті тұтынуға қажет әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің небір түрі самсап тұрды. Бақша дақылдары мен дәруменге бай жеміс-жидек, көкөністер де аз болған жоқ. Бал мен балықтың да әртүрі сауда-ланып, көпшілікті риза етті. Әсіресе, ет-май, сүт, нан сияқты күнделікті тұрмыста пайдаланылатын тауарлар сұранысқа ие болды. Қалалықтар көбіне бағасы төмен әрі табиғи таза өнімдерге ерекше қызығушылық танытып, таңдағандарын алып жатты. Сатушылар да жоғары көңіл-күйде сауда жасап, бар ынта-ықыластарымен сапалы қызмет көрсетті.

«Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында несие алып, кәсіптерін дөңгелетіп отырған кәсіпкерлер де өздерінің өндірген өнімдерін көпшілікке ұсынды. Солардың бірі – Нұргүл Ақашқызы. Аталмыш бағдарламаның шапағатын көріп, кәсібін бастаған ол жәрмеңкеге сүт, қымыз, шұбат әкеліпті. Нан мен тәтті тоқаш, жеміс-жидек, көкөніс сауда-лағандар да табылды. Айта кетейік, оларға коммуналдық базардан орын тегін беріледі. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бас маманы Жанар Мұхамеджанованың айтуынша, 2011 – 2016 жылдар аралығында аталмыш бағдарлама шеңберінде төрт мыңға жуық адамға шағын несие берілген. Оның 84,5 пайызы ауылшаруашылығына, 15,5 пайызы өндіріс және қызмет көрсету саласына бағытталыпты.

Осылайша артынып-тартынған қалалықтар түске дейін толастамай, керек-жарағын сенбілік базар арқылы түгендеп алып жатты. Жәрмеңкеге он тонна өнім әкелініп, барлығы бес миллион теңгенің саудасы жасалды. Өз кезегінде тұрғындар мұндай шараның екі жаққа да тиімді екенін айтып, игілікті істі ұйымдастырған азаматтарға алғыстарын білдірді.

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

«Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы бойынша мәселелерді қарау» жобасын іске асыру аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі азаматтық қоғам өкілдерімен бірге мүдделер қақтығысы фактілерін анықтау бойынша біріккен іс-шаралар жүргізілуде.

Егер де мүдделер қақтығысы фактілерімен кездесіп қалған жағдайда мына телефонға хабарлауыңызды сұраймыз:

8 (7282) 329-328.

Сонымен қатар мына мекенжайға жазуыңызға болады:

Facebook - https://**www. facebook. com/dgsipkalmobl**

Электронды пошта – **uksgs_almobl@mail.ru**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17 тармақшасына сәйкес, **мүдделер қақтығысы** – мемлекеттік қызметшінің жекебасының мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін болатын кездегі мемлекеттік қызметшінің жекебасының мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық.

БӘРЕКЕЛДІ!

ҮЗДІК ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТӨЛЕМШІ АНЫҚТАЛДЫ

«QIWI Kazakhstan» ЖШС-нің қаржылай қолдауымен «Жетысу Энерготрейд» ЖШС ғимаратында «Үздік электрондық төлемші – 2016» конкурсы өтті. Жалпы, мұндағы мақсат электрондық төлемшілерді ынталандыру болып табылады.

Шараға «Нұр Отан» партиясының Талдықорған қалалық филиалының, «Жетысу Энерготрейд» ЖШС-нің және «QIWI Kazakhstan» ЖШС-нің мамандары қатысты. Аталмыш конкурсқа Талдықорған өңірінде тұратын, өткен жыл басынан келісімшартқа отырып, әр айдың бірі мен оны аралығында үнемі пайдаланған, электр қуатына QIWI әмияны арқылы төлем жасаған абоненттер мен QIWI әмияны қызметін қолданысқа енгізген сәттен бастап алғашқы төлем жасаған абоненттер қатысты.

Олардың саны қырық адамды құрайды. Оның төртеуі жоғарыда аталған аталымдар бойынша жеңімпаз деп танылып, бағалы сыйлықтарға ие болды. Айта кетейік, «Жетысу Энерготрейд» ЖШС электр қуатына төлем жасауға ыңғайлы жағдай жасауда. Серіктестіктің өз кассаларынан басқа үйден шықпай-ақ комиссиясыз кез келген банктің «VISA», «Master Card» карталары арқылы төлеуге мүмкіндік жасалған. Интернет-банкинг қызметі «Kaspi Bank» АҚ-ның сайты арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар «Kaspi Bank» АҚ-ның терминалдары арқылы электронды әмиянды толтыра аласыз және QIWI әмияны қызметін пайдалана отырып интернет арқылы төлеуге болады. Серіктестіктің өз кассаларында орналасқан «Қазақстан халық банк» АҚ «POST» терминалдары арқылы комиссиясыз кез келген банктің «VISA», «Master Card» карталары арқылы төлеуге болады.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

Шығармашылық биігіндегі ұжым

Өңірліміздегі өнердің қара шаңырағына айналған театр өзінің көрерменін ұдайы қуантып келеді. Соңғы екі айдың ішінде әлемдік жауһардан «Ромео мен Джульеттаны», балаларға арналған ертегіден «Мауглиді», қоғамда өршіп тұрған өзекті мәселені қаузайтын «Дертке дауа – Хақ жолы» қойылымдарын сахналадық. Халықаралық «EXPO-2017» көрмесіне 5 қойылым әзірлеп жатырмыз.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық Бикен Римова атындағы драма театрының директоры Ғалия Темірбаева сөзін осылай бастады.

Аталмыш брифинг барысында театрдың тыныс-тіршілігі мен алдағы жоспары, өткен тарихы сөз етілді.

— Өнерпаздарын қолдайтын ел барда өнердің ғұмыры мәңгілікке жалғаспақ. Айталық, облыс басшысы Амандық Баталовтың бастамасымен Талдықорған төрінде жаңа театр құрылысы жүріп жатыр. Бұл ғимарат Халықаралық театр фестивалімен ашылады әрі осы байқау дәстүрлі түрде облыс орталығында өтіп тұрады деген жоспар бар. Бұл өнерсүйер қауым үшін жайдарман жаңалық, — деген театр басшысы 42 жылдық тарихы бар өнер ошағынан ҚР халық әртісі, «Парасат», «Құрмет» ордендері иегерлерінің шыққанын, былтыр құрамы жастармен толыққанын атап өтті.

Басқосу барысында «Құрмет» орденінің иегері, белгілі актер Серік Нұрхалық пен театрдың көркемдік жетекшісі Назым Өтеулинова сөз алып, өнер жайлы әңгіме өрбітіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының ел рухын көтерер тарихы жазба екенін де тілге тиек етті.

Бүгінде еліміздің алдыңғы қатарлы өнер ордаларының сапынан тұғыр сайлаған, алыс-жақын шетелдерде ұлттық өнерді паш еткен театрдың әртістері кездесу соңында журналистер қауымының өткір сауалдарына тұшымды жауап беріп, өнер саласындағы көкейкесті мәселелерге қатысты өз ойларын білдірді.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 55 (18331)
Сенбі, 20 мамыр, 2017 жыл.

ЕРТЕҢ — МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

МӘДЕНИЕТТІ ЕЛ – РУХТЫ ЕЛ

Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ мәдениет және өнер саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, үздіктерді марапаттады. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан салтанатты жиынға аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары, аудандық музей, кітапхана, Мәдениет үйлерінің директорлары, халықтық ұжымдардың жетекшілері және аудан, қаладан ұсынылған «Үздік мәдениет қызметкері» номинациясының иегерлері қатысты.

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

Көпшілікті айтулы мерекемен құттықтаған өнір басшысы Амандық Ғаббасұлы:

– Мәдениет – ұлттың қуаты, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан рухани болмысы, ақыл-ой, парасаты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Мәдениет – елдің ең басты рухани байлығы, асыл мұрасы. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, сол елдің еңсесі де биік болады», – деп атап өтті. Бүгінде Еуразияның ең бай да бірегей мәдениетінің қатарына қазақ мәдениетінің де кіргендігі біз үшін үлкен мақтаныш. Халқымыз: «Өнер – ұлттың жаны» дейді.Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, өнерімен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен танылып, бағаланады, – деп облыста атқарылған жұмыстар мен жетістіктердің көрсеткішін саралап шықты. *– Жетісу өлкесі – қасиетті өнердің киелі бесігі, дарынды тұлғалардың мекені. Қабан жырау, Ескелді, Балпық билерден бастау алып, Молықбай күйші, Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай, Ілияс, Сара, Дәнеш, Мұқан сияқты саңлақтар көтерген өнердің тұғыры әрқашан биікте. Облысымыздың мәдениет саласының қызметкерлері ғасырлар бойы мұра болған асыл қазынаны – ұрпаққа жеткізу жолында ауқымды жұмыстар атқаруда.Өнерді құрметтеп, мәдениетті өркендету – баршамыздың ортақ мақсатымыз. Бүгінгі ерекше мереке күні мәдениет пен өнер саласына еңбегі сіңген аға буын өкілдеріне айтар алғысымыз шексіз. Еліміздің биік рухы мен өркенден-өсуіне қызмет етіп, халықты тамаша өнермен қуанта беріңіздер! Бүгінгі күн – Тәуелсіз Қазақстанның, Мәңгілік Елдің келешегін кемел, болашағын жарқын ететін, өнерді ұлықтайтын жақсы күн болсын дегім келеді. Сіздердей зиялы қауым, өнер адамдарын құрметтей отырып, біз жастарды тәрбиелейміз. Баршаңызға шығармашылық табыс, еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Әрдайым абыройларыңыз асқақ, мерейлеріңіз үстем, жұлдыздарыңыз жарық болсын демекпін! Береке құтты болсын!*

Өңірдің мәдениет саласының бюджеті 2015-2016 жылдарға қарағанда 40 пайызға өсіп, биылғы жылы 7,6 миллиард теңгені құрады. Бұл қаржының 2 миллиард 600 миллион теңгесі Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының жаңа ғимаратының құрылысына бөлінген. Сондай-ақ, мәдениет нысандарының күрделі жөндеу жұмыстары мен жобалық-сметалық құжаттарын жасатуға барлығы 870,2 миллион теңге бөлініп отыр. Жыл сайын жергілікті ақын-жазушылар мен өнер саласы қызметкерлеріне облыс бюджетінен арнайы стипендия беріліп, облыс әкімдігінің қолдауымен қаламгерлердің кітаптары шығып тұрады. Осындай қолдаудың арқасында жергілікті өнерпаздар халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардан жүлделі оралып жүр. Мысалы, Шымкент қаласында өткен Ш. Қалдаяқов атындағы халықаралық байқаудан облыстық филармония әншісі Тілек Нағымбаев жүлделі 1-орынды иеленсе, Астана қаласында өткен «Ақ көгершін» халықаралық балалар шығармашылығы байқауына қатысқан үміткерлер облыстың намысын жоғары деңгейде қорғап қайтты. Тере берсек, Жетісу жерінің өнерпаздары қатысқан байқаулар мен фестивальдер өте көп.

Салтанатты шара аясында Б. Римова атындағы Талдықорған драма театрының әртісі Мұса Әжібеков, «Талдықорған әуендері» халықтық фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің әншісі Дәурен Оқапов, Текелі қалалық Мәдениет үйінің әдіскері «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ, облыстың мәдениеті мен өнеріне үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлерге ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды. Сонымен қатар, өңірдің өркендеуі жолында еңбектенген мәдениет пен өнер қызметкерлеріне ұжымдарға «Үздік мәдениет қызметкері», «Үздік Мәдениет үйі», «Үздік кітапхана», «Үздік музей», «Үздік өнер ұжымы», «Үздік Халықтық», «Үлгілі ұжым», «Үздік театр әртісі», «Үздік қолөнер шебері» аталымдары берілді. Солардың арасынан Талдықорғандағы «Көркемсурет галереясы» мемлекеттік-коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Үздік облыстық мәдениет мекемесі» номинациясы бойынша марапатталып, «Лада Ларгус» автокөлігін иеленді. Үздіктерді облыс әкімі марапаттап, сыйлықтарын өз қолымен табыстады.

Салтанатты шара соңы мерекелік концертке ұласты.

ҚАБАНБАЙ БАТЫР — 325

ДАРАБОЗ БАТЫР ДИДАРЫ

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Ерлігімен, өрлігімен ел есінде қалған даңқты қолбасшы, батыр Қаракерей Қабанбайдың туғанына биыл 325 жыл. Абылай ханның өзі «Дарабоз» деп ат қойған, Бұхар жырау «Көкірек әулие» деп төбесіне көтерген, Түркістанда халқы «Хан Батыр» сайлаған, 103 жекпе-жектің бәрінде жеңіске жеткен бабадұр бабамыз қазақтың алып даласын ауыздықтан су ішіп, мұз жастана жүріп қорғаған.

Ұлы тұлғаның есімі елімізге ғана емес өзге мемлекеттерге де мәшһүр. Қытай мен Түркия елінде тас мүсінінің қойылуы – соның дәлелі. Қытайдың Іле аймағы Көлденең жайлауында 4257 метрлік биік шың «Қабанбай шыңы» деп аталады. Ал түркиялықтар тіпті Қабанбайды «мыңжылдықтағы бас батыр» деп таниды. Еліміздің әр өңірінде батырға арналған ескерткіштер қойылған. Соның бірі Талдықорған қаласының «Қаратал» шағын ауданында 2009 жылы бой көтерген еді. Бабамыздың 325 жылдығына орай облыс орталығында өтетін ғылыми-тәжірибелік конференцияға жиналған қауым алдымен осы ескерткішке барып тәу етіп, гүл шоқтарын қойды.

(Соңы 3-бетте).


ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫС жұмыстарымен танысты

Талдықорған қаласында жуық арада құрылыс жұмысы аяқталып, ел игілігіне берілетін бірнеше маңызды нысан бар. Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ сол нысандардың бірқатарымен танысып, инженерлік-техникалық жұмыстарда орын алған кемшіліктерге сын-ескертулер айтты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Биыл қыркүйек айында облыс орталығында жабық бассейннің құрылысы басталады. Бассейннің жобасымен танысқан өнір басшысы жобалау барысында кеткен кейбір кемшілікті көрсетіп, біраз өзгерістер енгізуді тапсырды. Оның себебін «ПС Аксент» ЖШС-нің жобалаушысы Есім Мананов түсіндіріп берді. Оның айтуынша, нысан бұған дейін 84х50 метр аумаққа салынады деп жоспарланған. Алайда қала аумағының кеңеюіне, облыс орталығында бірде-бір халықаралық деңгейдегі жарыстар өткізуге арналған бассейннің болмауына байланысты оның аумағы 120 х 90 метрге ұлғайтылып, қайта жобалау жүріп жатыр екен. Сонымен қатар, бассейн ғимаратының ішінен бұрын қарастырылмаған жуынатын орын мен жарыс кезінде дайындалуға арналған шағын бассейн салынбақшы. Бұл өзгерістер нысанды салу уақытында кедергі келтірмейді.




Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

«Қаратал» шағын ауданындағы құрылыс жұмысы қызу жүріп жатқан ашық бассейннің де артық-ауыс тұстары көп. Әсіресе, тұрғындарға арналған орындықтар мен бассейнді жарықтандыру мақсатында орнатылған электр шамдары, мүгедектер пандусы облыс басшысының көңілінен шықпады. Оларды сапалы әрі әдемі етіп қайта салу керектігі тапсырылды.

Биыл Талдықорған қаласын газдандыру жұмысы қауырт қолға алынды. Алайда, облыс әкімі алдымен көшелерге газ құбырын тартып алып, содан кейін жөндеу жұмысымен айналысуды тапсырған болатын. Бұл қала жолдарын күрделі және ағымдағы жөндеу уақытын кешіктіруде. Аталмыш шара – жолды жөндеп алып, біткен істі қайта қазып жататын жағдайды алдын алу үшін жасалған қадам. Аталған тапсырма аясында нақты мысалдар келтірілді. Қаланың батыс кіреберісіне салынып жатқан арканың жобасы да облыс басшысы назарындағы нысан. Арканың бірнеше жобасы дайын. Оларды көріп шыққан Амандық Ғаббасұлы әрбір жобаның артықшылығы мен кемшілігін саралай келіп, классикалық бағытта дайындалған бір-екі жұмысты жоғары бағалады. Сондай-ақ, арканың айналасын абаттандыруға ерекше ден қоюды міндеттеді.

Талдықорған қаласының абаттандыру жұмысымен танысқан өнір басшысы бірқатар кемшілікті көрсетіп берді. Соның бірі – көпқабатты үйлердің ауласындағы ескірген ойын құрылғылары, тозығы жеткен суағарлар, қобырсып жатқан қоқыс жәшіктері. Бұл жағдай сәулетшілерді де алаңдата бастаған көрінеді. Олар алдағы уақытта қаладағы көпқабатты үйлердің ауласына қойылатын құрылғылар мен жол бойына егілетін ағаштардың түр-түрін, абаттандырудың заманауи үлгілерін облыс әкімінің назарына ұсынбақ. Сонымен қатар, мердігер компания өкілдері құрылыс материалдарының нысандарға орнатылатын жиһаздардың үлгісін таныстырып, сапасын көрсетті. Өңір басшысы жаңа құрылғылардың облыс орталығының табиғи жағдайына үйлесетіндерін таңдау керектігін ескертті. Кейбір нысанның ішкі безендірілуіне көңілі толмайтынын да жасырып қалмады. Әсіресе, Көрме үйінің ішкі қабырғаларын түрлі-түсті бояулармен әрлеудің нысанның әдемілігін арттыра түсетінін жеткізді.

Жұмыстың сапасына айрықша мән берген Амандық Ғаббасұлы жіберілген қателіктерді сынға алып, орынбасарлары мен мекеме, басқарма басшыларына, құрылыс компаниясының өкілдеріне көрсетілген кемшілікті белгілі уақыт шегінде түзетуді тапсырды.



ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Жылыту маусымы қорытындыланды

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ төрағалығымен өткен бұл жолғы жиында өткен жылыту маусымының қорытындысы талқыланып, алдағы қысқа дайындық барысы пысықталды. Мәжіліске облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық деңгейдегі басқарма, департамент басшылары, мәслихат хатшылары, аудан, қала әкімдері, салаға жауапты тұлғалар мен «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының, кәсіподақ ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Амандық Ғаббасұлы алдымен күн тәртібінде қаралатын негізгі мәселелермен таныстырып, баяндама жасау үшін сөзді орынбасары Айдарбек Байжановқа берді. Айдарбек Естебекұлы өңір бойынша жылыту маусымының қалай өткенін баяндап, алдағы міндеттерге шолу жасады. Онда мәлім болғандай, өткен қысқа дайындық жұмыстары мен оны қалыпты өткізу үшін бюджет есебінен 4 млрд. 703 млн. теңге қаражат бөлініп, мақсатты жұмсалған. Нәтижесінде жоспарланған іс-шаралар толығымен орындалып, жылыту маусымының қалыпты өтуіне жағдай жасалған. Жылу беру маусымына барлығы 33 орталықтандырылған қазандық дайындалып, 38,7 шақырым жылу желілері жөнделген. Сонымен бірге 54,2 шақырым сумен жабдықтау жүйелері мен су кәріздері, 13 мың шақырым электр желілері қайта жаңғыртудан өткен.

Барлығы 2185 бюджеттік сала нысандары дайындалса, соның ішінде білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала нысандары мен көпқабатты тұрғын үйлер бар. Сұйық отынмен жылытылатын 94 бюджеттік сала нысандарында бірнеше қазандық ауыстырылып, автономды қазандықтар шығару бойынша жұмыстар жүргізілген. Заречный кентінде жаңа қазандық іске қосылып, қуаттылығы 21-ден 31 ГКалл/сағ.-қа арттырылған № 4 қазандық күрделі жөндеуден өткен.

Аталған салаға қатысты кемшіліктер де тізбектелді. Мәселен, сапасыз жылу энергиясының берілуі, білім беру нысандарында температуралық режімнің дұрыс сақталмауы сияқты мәселелер сынға алынып, берешек мәселелері сөз болды. Осы ретте облыс басшысы Текелі қаласы бойынша мерзімі өткен берешектің ең жоғары сомасының жинақталғанын сынға алып, бұл мәселені бір ай ішінде шешу керектігін тапсырды. Ал температуралық режимге байланысты жұмыстар әсіресе білім беру, денсаулық сақтау нысандарында жүйелі жүргізіліп, оны бақылауда ұстау қажеттігі айтылды. Көмір бағасының шарықтамауына да ден қойылып, осыған байланысты тиісті міндеттемелер берілді.

Алдағы қысты ойдағыдай өткізу үшін бюджеттен қаражаттарын қарастырылып отырған қаржы көлемі де аз емес. Мәселен, бұл мақсатқа бюджет есебінен 5 млрд. 937 теңге қаражат бөлініп отыр. Соның ішінде 410 млн. теңге бюджеттік ұйымдардың жылу жүйелерін күрделі жөндеу мен қазандықтың қосалқы бөлшектерін, қалғаны отын сатып алуға жұмсалмақ. Бұдан өзге жылыту маусымына кәсіпорындардың 2 млрд. 34 млн. теңге жеке қаражаттары тартылмақ.

Жиын соңында Амандық Ғаббасұлы Талдықорған қаласындағы жаңа жылу электр орталығының құрылысы жоспарланған ұзақмерзімді жұмыс екенін, сол себепті бұл жобаның сәтті жүзеге жүзеге асуына, «Басқуат» қазандығын қайта жаңғырту істеріне, Ақсу ауданындағы қант зауытындағы ЖЭО қалақұраушы мекемеге айналып, Жансүгіров кентін жылумен, ыстық сумен толық қамтамасыз етуге, осының есебін жасап, ұсыныс енгізуге, сондай-ақ, облыс орталығын газдандыру мәселесіне назар аудару керектігін еске салып, жалпы жылу беру маусымының ойдағыдай өткенін сөз етті. Сөйтіп, жауапты тұлғаларға міндет жүктеп, бұл бағыттағы жұмыстарды мейлінше жандандырып, бақылауға алуды қадап тапсырды. Осыған байланысты проблемалар болып жатса, оны дер кезінде қолға алып, тиісінше жұмыстар жүргізу керектігін ескертті.

Облыс басшысы бұдан соң жылыту маусымын ойдағыдай аяқтаған аудандар мен қалалардың басшыларына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының мамандары мен электр энергиясы, су және жылумен қамтамасыз ететін кәсіпорын қызметкерлеріне сый-құрмет көрсетіп, оларды облыс әкімдігінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаты және түрлі дәрежедегі дипломдармен марапаттады. Мәселен, Балқаш ауданына арнайы техниканың кілті табысталып, Қаратал ауданына трактор, ал Талдықорған қаласы мен Жамбыл ауданына дизельді-генераторлық қондырғы берілді.

Баспасөз – 2017 АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН! Баспасөз – 2017

Баспасөзге 2017 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

Жайдарман жаңалықтың жаршысы – «Жетісу» газеті қырағы оқырмандарымен 99 жыл қауышып келеді.

Бұл – бір ғасырдың бүтін болмысы ата басылымның өн бойында аңқып тұр деген сөз. Бүгінгі ақпараттық технологияның дамыған шағында да газет өз мақсатын, өз мәртебесін, өз оқырманын жоғалтқан жоқ. Газет елу мың отбасының ой-таразысы, рухани азығы болып отыр. Мәнді де мәйекті пікір, байыпты да байламды сарап, тамырлы тарих, салиқалы сұхбат сіздің сүйікті басылымыңыз – «Жетісу» газетінде. Бізбен бірге болыңыз, патша көңілді оқырман!

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, балама жазылып, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, онда:

№		6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3250
2.	Зейнеткерлер үшін	1800
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1900
4.	Жалпы жеке жазылу	2100



ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға	
			қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖАҢҒЫРУ — ЖАҢАРУ БАСТАУЫ



ТҰРАН мен ТӘУЕЛСІЗДІК ТОҒАУЫ

Үштөбе қаласының Бастөбе сервистік-техникалық колледжінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев, «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін жас буын өкілдерімен кездесу өткізді.

Жиынды Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бисембаев ашып, еліміз жаңғырудың экономикалық, саяси сатысынан өтіп, рухани өркендеуге аяқ басқандығын тілге тиек етті. Көпшіліктің алдына көтерілген Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Әміре Әрін Президент мақаласындағы айтылған орамды ойларды тарихпен сабақтастыра өріп, жастарға жаңаша ой салды. Ол қазақты рушылдық, жершілдіктен жиренуге шақырып, береке-бірліктің арқасында ғана Мәңгілік Ел жолында жарқын табыстарға жетуге болатынын айтты.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, қазақ тарихында ұялатын ешнәрсе жоқ. Біздің тарихымыз – ұлы тарих. Жершілдік, рушылдық бізге жат. Жастар жақсы білім алып, ертеңгі күнге үлкен сеніммен қарауы керек. Ертеңгі күні жастар шағын және орта бизнесте жарқырай көрініп, өзара әріптестік орнатады. Бұл кезде жершілдік, рушылдық жойылып, нағыз әділ бәсеке орын алады, – деген Әміре Әрін Президент мақаласындағы туған жерді түлету турасында сөз саптады. Былтыр Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өткенімізді, хандық дәуірге дейін қазақ жерінде 21 мемлекет болғанын жеткізді. Қазақ даласын мекендеген Тұран патшалығы, көне түркілер, Шыңғысхан империясы, Алтын Орда секілді мемлекеттердің тікелей мұрагері екенімізді, біздің бабаларымыз ұлы болғанын жадымызға түйді. «Американың мемлекеттік хатшысы болған Генри Киссинджер: «Қазақстан – барлық өркениеттің бесігі», – деп айтқан. Шынында Қазақстан бүкіл әлемге өркениет таратты. Біздің ата-бабаларымыз осыдан 6 мың жыл бұрын Астана мен Қостанайдың территориясында жылқыны қолға үйретті. Жезқазғанда әлемде тұңғыш рет темір кенін балқытқанбыз. Әлемдегі алғашқы металлург қазақтан шыққан. Ең алғашқы арбаны, ер-тоқым, жүген, шалбарды біздің бабаларымыз ойлап тапқан. Дүние жүзіндегі ең алғашқы алфавит – біздің бабаларымыздың руна (битік) жазуы. Сол кезде Шумерлердің мемлекеттік тілі битік болған. Бұл тілмен сол кездегі өзге де халықтар сөйлеген. Демек, біздің тіліміз қазіргі ағылшын тілі секілді әлемдік тіл болған», – деді Әміре Әрін.

Ол сөзінде Шыңғысхан барлық түркі тайпаларының басын біріктіріп, сол тұста саны жағынан басым Қытай мен өзге де мемлекеттерге жұтылып кету қаупінен сақтап қалғанын тілге тиек етті. Әсіресе, Елбасы мақаласында айтылған сананы жаңғырту төңірегінде жастарға нақты дәлел келтірді. Қазіргі таңда Есік қаласынан табылған «Алтын адам» киімінде 4 мыңнан астам әшекей бар, соған әлем таңғалып отыр. Қазақта сол заманның өзінде керемет технология болғанын айта келе, қорымнан табылған патша табағында «Бөтен адам, тізеңді бүк, елім ауқатты болсын» деген жазу бүгінде Елбасы Н. Назарбаевтың сөзімен етене қабысып отырғанын жеткізді.

Сөз тізгінін алған Ғалиасқар Төлендіұлы Президенттің рухани сананы жаңғырту жайындағы өзекті мақаласының ерекшеліктерін алға тартты. Еліміздің соны жетістіктерін тізбелеп, әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің сапынан көрінуге, замана көшінен қалмай, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызы зор құжаттың мәні мен мағынасы, идеясы терең екеніне тоқталды. Аталмыш мақала өмірдің өзіндік ерекшелігін айқындап, тарих қойнауын зерттеуге, танып-білуге жол ашып, ұлттық болмысымызды айшықтайтынын әңгімеледі. Әсерлі басқосуда жастар облыс орталығынан келген қонақтарға Елбасы мақаласына қатысты сауалдарын қойып, толыққанды жауап алды. Аудандық мәслихат депутаты Базархан Байтаев жастарды барынша өмірге икемді болып, кәсіптік, техникалық мамандықтарды игеруге үндеді. Жиынды қорытындылаған Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бисембаев дәл бүгін егжей-тегжейлі сараланған аталмыш мақала түсіне білгенге маңызы зор, тәлім-тәрбиесі мен бағыт-бағдары мол құнды дүние екенін мәлімдеді. Және өзі де осыған тән көкейінде жүрген көрікті ой-тұжырымдарын көркем кестелеп берді.

Асхат ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.

ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНА — 31 ЖЫЛ

ЕРЛІК ДАҢҚЫ ӨШПЕЙДІ

Талдықорған қаласының орталық саябағында Чернобыль апатына 31 жыл толуына орай «Ерлік даңқы ешқашан ұмытылмайды» атты салтанатты шара өтті. Бірінші кезекте ардагерлер мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, апат болған қаруластарын еске алды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

1986 жылдың 26 сәуірі Кеңес одағының құрамында болған республикалар үшін трагедиялық күн болып есептеледі. Себебі дәл осы күні Чернобыль атом электр стансысында ірі апат болып, көп адамдар зардап шекті. Апат зардабын жоюға 32 мыңнан астам қазақстандық жауынгер белсене қатысты. Олар Отан алдындағы борыштарын адал өтеп, миллиондаған адамдардың өмірін сақтап қалды. Қазіргі таңда Чернобыль апатының мүгедектерін Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестіріп, мемлекет тарапынан көптеген көмектер көрсетілуде.

– Осыдан 31 жыл бұрын барша әлемді дүр сілкіндірген апат болды. Ұландарымыз азаматтық борыштарын аянбай өтеді. Бүгінгі күнде Талдықорған қаласында апатты жоюға қатысқан 109 ардагер тұрып жатыр. Сіздердің ерліктеріңіз болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге.

Аман болыңыздар, бейбіт заманда күн кешейік, – деп жиында сөз алған Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев ардагерлерге алғысын айтты. Содан кейінгі кезекте «Чернобыль апатына 30 жыл» медалімен Рахат Ақжолтаев, Бауыржан Жансейітов, Бауыржан Мамырбаев сынды бірнеше ардагер марапатталды.

Ортамызда жүрген ардагерлерге құрмет көрсетіп, мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақы мен шипажайларда емдеу шаралары жалғасын табады.

4298 ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында партиялық куратор комиссиясы халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобын жұмыспен қамту тақырыбында отырыс өткізді.

Басқосуда қаралған негізгі мәселелер – еңбек нарығы, тұрғын, үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаң құру. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, еңбек нарығында жағдай тұрақты.

Экономикалық белсенді халық саны облыс бойынша 2016 жылы 1034,8 мың адамды құрады. Жұмыспен қамтылған халық саны 900 адамға үлғайған. 2016 жылдың қорытындысы бойынша өз бетінше жұмыспен қамтылған халық саны 280,0 мың адам. Халықты жұмыспен қамту әрқашан басқарманың басты назарында болмақ.

Биыл «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын» жүзеге асыруға 8,5 млрд. теңге қарастырылған. Бағдарлама аясында мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде 25157 жұмыс орнын құру жоспарда бар. Жыл басынан жаңа өндірістердің ашылуы мен шағын кәсіпкерліктің дамуы есебінен өңірде 4298 жұмыс орны құрылған.

Отырыс соңында жиынға қатысушылардың ұсыныстары тыңдалып, хаттамаға енгізілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

КӨКЖИЕК

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау» бағыты бойынша жаңа оқу жылына 1535 білім алушы қабылданады.

СҰРАНЫСЫ КӨП КӘСІП

Олар білім берудің екі деңгейлі моделі бойынша оқытылады. Сонымен қатар, бағдарламаның «Жұмысшы кадрларды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер және бағдарлар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқу» бағыты бойынша 3825 адам кәсіптік оқытуға тартылмақ. 2017 жылға барлығы 1,6 млрд. теңге қарастырылған, оның 308,4 млн. теңгесі мамандар даярлауға, 1264,1 млн. теңгесі қысқа мерзімді оқытуға бағытталуда. Қазіргі уақытта білім алушылардың тізімдерін реттеу үшін 19 мобильдік топ құрылды. Оқыту техникалық, технологиялық, ауылшаруашылық, сервис және қызмет көрсету бағыттарында 2017 жылғы 1 қыркүйекте басталады. Білім басқармасы колледждермен бірлесе отырып, екі деңгейлі модульдік интеграциялық оқу жоспарларын дайындауда. Өңірлік комиссиямен 45 колледж, 43 жұмысшы мамандықтың тізбесі бекітілген.

Қысқа мерзімді курстарда жұмысшы мамандарды даярлау үшін 19 аудан мен қалада өңірлік комиссиялар құрылған. Экономика салаларының сұранысына байланысты жұмысшы мамандарды даярлау бойынша мамандықтардың және оқу орындарының тізбелері белгіленді. Оқыту 42 колледже, 3 оқу орталығында өткізіледі. Өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып қысқа мерзімді оқытудың жұмыс жоспары бекітілді. 2017 жылдың 3 сәуірінен бастап 25 колледжде, 2 оқу орталығында 39 мамандық бойынша 2491 адам қысқа мерзімді оқумен қамтылды (оқу мерзімі 1-6 айға дейін). Кәсіптік білім алуға ниетті азаматтар аудандық, қалалық жұмыспен қамту орталықтары мен білім бөлімдерінен қажетті ақпарат ала алады.

А. ТОПАНТАЙҚЫЗЫ.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Медициналық қызметті жандандырудың бір жолы – мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орнату. Облыстық денсаулық сақтау басқармасында өткен жиында емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық сапасын көтерудің жаңа әдістері мәлім етілді. Жиынды облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар жүргізіп, ауруханалар мен емханаларды сапалы құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жайымен таныстырды.

САПАЛЫ ЖҰМЫС КЕПІЛІ

Өлке халқының саны жыл санап артып келеді. Соған орай әлеуметтік сала жұмысы жандануда. «Денсаулық» бағдарламасы іске асырылуда. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша көптеген игі істер атқарылмақшы. «Барлықтарыңыз алдағы уақытта жекеменшіктермен бірлесіп жұмыс істейтін боласыздар. Құрал-жабдықтарды алу үшін жекеменшік фирмалармен әріптестік келісімшарттар жасасуымыз керек», – деді Жақсылық Мұқашұлы жағдайды түсіндіріп. Мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында аурухана, емханаларға жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Мекемелер жаңартылып жатқанымен, атқарылуы тиіс шаралар әлі де шаш етектен. Облыс бойынша, 175 нысанға күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуі тиіс.

Бұл орайда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдувалиев: «Облыстық инсульт орталығына ангиограф керек. Сондай-ақ, Алматыдағы көпсалалы клиникаға магниттік-резонанстық томография алу да өзекті мәселе. Қарасай аудандық орталық ауруханасына компьютерлік томография, кардиология орталығына ангиограф, Қаскелең мен Талдықорған қалаларына 500 адамдық екі емхана тұрғызу кезек күттірмес мәселе», – деді.

Жиында «Казмедтех» медициналық жабдықпен қамтамасыз ету акционерлік қоғамы өз мүмкіндіктерімен таныстырды. Олар ангиограф, томография қондырғыларын бес жылға дейін лизингпен береді. Сондай-ақ, жиында «Жедел жәрдем» станысын да сатып алу мәселесі көтерілді.

Г. МҰҚАШҚЫЗЫ.

Қазақстан 2050

Әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат еткен қазақ елі үшін халықтың өмір сүру ұзақтығын қамтамасыз ету, тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру мәселелері өзекті болып қала бермек. Бұл орайда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды жүзеге асырудың да маңызы зор.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Күні кеше Қарасай ауданына қарасты Үшқоңыр ауылының Мәдениет үйінде өткен алқалы басқосу денсаулық сақтау жүйесіне енгізілмекші осы бір жаңалықты халыққа насихаттауға, оның артықшылықтары мен тиімді тұстарын түсіндіруге арналған болатын. Жиынды ашып, жүргізіп отырған аудан әкімі Махаббат Бигелдиев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлт жоспары – 100 қадам стратегиясының 80 – 83 қадамдарында көрсетілгендей, дамыған елдердің тәжірибесінде кең қолданылатын медициналық сақтандыру жүйесінің тиімді әрі ұтымды жақтары алынып, жергілікті факторларды ескере келе әзірленген жобаны жүзеге асырудың жолдарына тоқталды.

– Қазір еліміз бойынша осы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін енгізу мәселелері жан-жақты талқылануда, – деді Махаббат Сәдуақасұлы сөзін сабақтап Азаматтар табыстарының белгілі бір мөлшерін өз денсаулықтарын жақсарту мен медициналық қызмет алу үшін арнайы қорға аударып отыруға міндеттеледі. Осы шара қалай жүзеге асырылмақшы және дәрігерлік көмектің қолжетімділігі жайлы мамандар нақтылы айтып беретін болады. Бұл жүйе 1 шілдеден бастап ішінара қолданысқа енгізіле бастаса, 2018 жылдың 1 қаңтарынан толық жүзеге асырылмақшы.

Жиынға қатысып отырған Үшқоңыр ауылдық округінің активі, қоғамдық ұйымдардың мүшелері, мұғалімдер мен дәрігерлер, ауылдың тұрғындары алдында аудандық ауруханаңың ақпараттық сараптау орталығының басшысы Ербол Дүйсебаев баяндама жасап, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың қазақстандық жобасы, оның халық үшін тиімді тұстары аудан көлемінде осы жүйені жүзеге асыру барысында атқарылып жатқан жұмыстар төңірегінде жан-жақты хабарлама жасады.

Соңынан Ербол Қанатұлы тұрғындардың медициналық сақтандырудың жекелеген мәселелері төңірегінде қойған сұрақтарына жауап берді.

Қарасай ауданы.

Алматы облысының бірыңғай Call-орталығы

+7 7282 41 12 12

Ресми түрде
Қолжетімді
Тегін



Бірыңғай
Call-орталықтың артықшылығы

- Тегін байланыс.
- Анықтамалық-консультациялық көмек.
- Дәрігер қабылдауына жазылу.
- Емханаға тіркелу жөнінде ақпарат.
- Шағымдар мен өтініштерді қабылдау.
- Дәрі-дәрмек жөнінде ақпарат.
- «Осы жерде және қазір» қағидасы бойынша тұрғындар мәселелерін шешу.



Көпсалалы ауруханада бас дәрігерлер міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыру жүйесіне ену тақырыбында жиналыс өткізді. Басқосуда Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыруды жүзеге асыру жөніндегі штабтың мүшесі Құрал Құрақбаев жаңа бағдарламаны халыққа түсіндірудің қыр-сырын, әдіс-тәсілін айтып берді.

ТҮСІНДІРУ ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Гүлжан ТҰРСЫН

Міндетті сақтандыруды қарапайым халыққа түсіндіру әлі де өз дәрежесінде жүрмей жатыр. Емханаларға тіркелу басталғанымен, ел көлемінде өз емдеу мекемесін таңдағандар саны бар-жоғы 100 мың адам. Кім қайда тіркеледі, оның қандай заңдылықтары бар? Қай мекемені таңдағаны дұрыс? Осы жайында халықты ақпараттандыру әлі де кемшін. Құрал Құрақбайұлының айтуынша, жер-жерлерде бірнеше адамнан тұратын түсіндіру тобы құрылды. Олар медицина мамандары мен ауыл әкімдері. Түсіндірушілер көпшілікке сауалнама үлестіріп, жауап берушілердің талап-тілегін мұқият зерттеуі тиіс. Әсіресе, әлеуметтік әлсіз топтар ерекше ескерілуі керек. Сондай-ақ, сауалнамада жауап берушінің аты-жөні, құжаты жазылмағаны абзал. Себебі, құжаты сұралса адамдар жалтақтап, өз ойын батыл айтпайды.

Бір таңғаларлығы, осы күнге дейінгі жүргізілген сауалнамада жұмыссыздар қатарын 25-29 жас аралығындағы жас жігіттер мен қыздар құраған. Жиында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың артықшылығын халыққа түсіндіру жайы айтылды. Болашақта алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына кіру үшін міндетті түрде медициналық сақтандыруды күн тәртібіне енгізуіміз керек. Қор жұмысын бастаған соң медициналық мекемелердің қызмет көрсетуі жақсарады. Себебі, қор қаржысы тіркелген адамның санына қарай бөлінеді. Мұнда емхананы таңдау өз құзырында болғандықтан, сапалы қызмет көрсететіндерді ғана іздейтініміз рас. Қордан түскен қаржыға заманауи технологиялар сатып алынады. Талап күшейеді. Қаржының жұмсалуы қатаң қадағаланады. Мұның барлығы айналып келгенде жұртшылықтың дұрыс ем алуы үшін жасалып жатқан игі қадам болмақ. Ендеше, әрбір тұрғын емханасын таңдап, тіркелуге асығу керек.

EXPO 2017 · Future Energy · Astana Kazakhstan

Электрлік тартылыс күші бар «Формула Е» жарыс автомобилі ЭКСПО – 2017-нің Германиядағы павильонына қойылады. Бұл жайында германиялық өнертапқыш Андреас Хорбельт хабарлады. Оның айтуынша, тартылыс күші бар мұндай автомобильдер жаңа көлік жасаудың таптырмас көзі болып саналады.

ТАҢҒАЖАЙЫП ТАРТУ

– Жаңғырмалы энергия көзінен қуат алатын электрлі тартылыс күшіне ие қозғалыс құралы – ауа райына зияны тимейтін жаңа көлік жасап шығарудың таптырмас көзі. Біздің павильондарда лимузин, «Формула Е» жарыс автокөлігі және электр жетекті қос дөңгелекті көліктер қойылатын болады, – деді Андреас Хорбельт.

Адреас Хорбельт ЭКСПО – 2017 көрмесінде Германия павильонында «Болашақтың қаласына» кеңінен үңілуге мүмкіндік болатынын да айта кетті. Оның айтуынша, неміс павильондарында тұрғын үй мен көлік жайын жақсартуға және жаңартуға қатысты тың дүниелер ұсынылатын көрінеді. Көрмеге келушілерге электромобильдер мен энергия алу үшін шығыннан гөрі қуат көзін көбірек бөлетін балдырлармен көмкерілген үйалды жиектері бар «ақылды үй» де ұсынылмақ.

Осы тұста көрме аясында Дю Солей циркінің қойылымы да көрсетіледі. Оның билеттері 10 мамырдан бастап сатылымға шықты. Штаб-пәтері Канаданың Монреаль қаласында орналасқан дю Солей циркі қазіргі таңда ойын-сауық индустриясындағы алып компаниялардың бірі саналады. Цирк ұжымында әлемнің 50 елінен жиналған 4000-ға жуық адам еңбек етеді, оның 1300-і әртіс. Әлемге әйгілі цирк осы уақытқа дейін 400-ден астам шаһарда өнер көрсетіп үлгеріпті. Енді олар ЭКСПО – 2017 аясында алғаш рет Астанаға жол тартпақ.

Қазақстанның бай мәдениеті мен тарихынан және «Болашақ энергиясы» атты көрме тақырыбынан шабыттанған цирк әртістері Астана тұрғындары мен қонақтары үшін арнайы эксклюзивті «REFLEKT» шоу-бағдарламасын дайындап жатыр.

Таңғажайып қойылымда қазақ халқының мәдени мұрасы мен болашаққа деген заманауи көзқарас өзара үндестік табады. Жалпы, көрме басталып, аяқталғанға дейін 71 қойылым жоспарланып отыр. Цирк қонақтары бірегей шоуды арнайы жабдықталған үшбұрыш төріздес павильонда тамашалай алады. Оның сыйымдылығы 2000 көрерменге жоспарланған. Қойылым тұсаукесері көрме алаңында 16 маусымда өтпек. Егер қойылымның көрермені болғыңыз келсе 4000 теңгеден басталатын билет сатып алуыңыз қажет.

Қ. ОМАРАҚЫН.

ФЕСТИВАЛЬ

ҚАЗАҚСТАН – қызғалдақтың Отаны



Адамның көңілін көтеріп, жанын жадырататын табиғи гүлдердің ішінде қызғалдақтың орны бөлек. Өйткені, көз жауын алатын қызғалдақтың Отаны Голландия емес, Қазақстан екендігін біле жүргеніміз абзал.

Ұлбосын ИСАБЕК

Осыған орай, Алматы қаласының Орталық саябағында аталған тақырыпта қызғалдақтар фестивалі өтті. Мәні зор мәдени шараға Алматы қаласының табиғи ресурстарды реттеу және қалалық білім беру басқармасы, Медеу ауданының әкімшілігі, сондай-ақ, «Грин Ланд» ЖШС бірлесе отырып ұйымдастырды. Гүлмен көмкерілген саябаққа жиылған жұрттың қарасы қалың болды.

– Аталмыш фестивальдің басты мақсаты – тұрғындардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, қызғалдақтың шығу тарихымен таныстыру. Қызғалдақтың Отаны болып табылатын елімізде оның 30-ға жуық түрі өсіріледі. Оның ішінде 18-і Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Бұл дегеніміз, қызғалдақтың кейбір түрі жойылып бара жатқандығын білдіреді. Сол себепті де қызғалдақ – халқымыздың асыл мұрасы, біздің табиғи байлығымыз екенін жас өскіннің санасына сіңіруіміз қажет. Қызғалдақты Қазақстанның брендіне айналдыруымыз керек, – деді салтанатты шарада сөз алған «Грин Ланд» компаниясының директоры Гүлзада Қалдыбаева. Сондай-ақ, ол Президент саябағына 25 мың гүл отырғызғандықтарын тілге тиек етті.

Соның ішінде қызғалдақтың «Қазақстан Республикасы», «Президент Н. Назарбаев» деп аталатын жаңа екі сұрыбының отырғызылып, олардың аз күнде гүлдейтіндігін қуана жеткізді.

Фестиваль аясында жиылған жұрт саябаққа отырғызылған сан түрлі қызғалдақтардың композициясымен танысты. Сондай-ақ, «Қызғалдақ шеруі», «Мың бір қызғалдақ» атты шеберлік сағаттары өткізілді. Ал саусағынан өнер тамған балалар қызғалдақтың суретін салудан өзара сынға түсті.

Көгілдір көктемде көпшіліктің көңіліне қуаныш сыйлаған қызғалдақтар фестивалінің соңы мерекелік бағдарламаға ұласты. Онда қазақ эстрадасының жұлдыздары, «Отырар сазы» ұлт аспаптар оркестрі мен танымал би ұжымдары өнер көрсетті.

Қазақстанның даңқын шығаруға лайық отандық қызғалдақтың ел аумағында жаппай өсірілуін қамтамасыз етумен айналысып отырған «Грин Ланд» ЖШС ұжымы бұл фестивальдің жібін үзбей жылда жалғастындығын айтты.

Алматы қаласы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ТАЛАПКЕР НАЗАРЫНА!

Білім несиесін КЕПІЛДЕНДІРУ

Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек», – деген болатын.

Қазақта «Білімді мыңды жығады», – деген сөз бар. Шындығында, білімдінің алмайтын қамалы жоқ. Әсіресе, бәсекелестік заманында бір ел басқа елден білімнің арқасында ғана озады. Сондықтан, білімді ұрпақ тәрбиелеу жеке адам үшін де аса маңызды. Яғни, болашағын ойлаған азамат ұрпағының білімді болуына ертеден қамдануы қажет. Сонымен бірге, ақпарат ғасырында кез келген тұлға терең білім мен үздіксіз ізденістер үдесінен шығуы керек.

Әрине, әрбір ата-ана өз баласын биіктен көргісі келеді. Бұл тек қазаққа ғана тән «синдром» емес. Әлемдегі барлық ата-ана өз баласының бақытты болашағын көзге елестетеді, көңілге түйеді. Дегенмен, баланың кішкентай кезінде әке-шешесі оның сұранысын қанағаттандыру үшін қиналмайды. Бала өскен сайын қажеттілігі де арта түседі. Сол үшін отағасы мен отанасы күні-түні тынбай еңбектенеді. Сөйтіп жүргенде балаларының мектепті бітіретін, үлкен өмірге жолдама алатын шағы келеді. Осы сәтте, перзентіне мықты мамандық алып беру әр ата-ананың басты парызы саналады. Кейбір бала өзінің білімімен озып, грант иесі атанып, әкешешесіне салмақ түсірмейді.

Әрине, кез келген талапкер бала кезден армандаған мамандықтың иесі атана алмауы мүмкін. «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» деген тәмсілге сүйенсек, кейде білімді оқушының өзі асқақ мұратына қол жеткізе алмайды. Сонда айлығы шайлығынан артылмайтын кейбір отбасылардың арманы күл-талқан болмай ма?! Әйтсе де кез келген ата-ана баласының оқуынан ақша аямайды. Өткен дәуірдің кескін-келбетін суреттеген кез келген көркем шығарманы парақтасаңыз үлкен қалаға оқу үшін аттанған балаға отбасы ғана емес, күллі ауыл тілектес болатын еді. Бүгінде сол ниеттестік мемлекет деңгейінде де сақталып отырғанына куәміз. Олай дейтініміз, **білім берудің жинақтау жүйесінің** қолайлылығы оқуға жұмсалатын шығынның бір бөлігін мемлекет өз мойнына алатындығында. Мұндай жүйе әлемнің біраз елдерінде, Бельгия, Канада, Малайзия, Нидерланд, Сингапур, Испания, Швеция, Ұлыбритания, АҚШ-та бар. Ал енді тапқан ақшасы күнделікті тірліктен артылмайтын отбасылар арасында білім депозиті секілді ұтымды бағдарламаларды естімегендер де бар. Бұл кезде бар ауыртпалық ата-анаға түспей ме?! Үкімет тарапынан басқа да қолдау бар ма!? Әрине, бар.

Тағы бір маңызды әлеуметтік жоба ретінде «**Білім кредиттерін кепілдендіру**» бағдарламасын айтуға болады. Мұнда ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Қаржы орталығы» АҚ мемлекет атынан кепілдік беретін компания ретінде қызмет атқарады. Айта кетерлігі, білім кредиттерін кепілдендіру жүйесі бойынша «Қаржы орталығы» АҚ еліміздегі филиалдық желілері жұмыс істейді. Жеке тұлғаларды кредиттеу саласында оң тәжірибе жинақтаған бірқатар жетекші банктермен әріптестік орнатқан. Олардың ішінде «Тенгри банк» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Форте Банк» АҚ және «Ресей жинақ банкі» АҚ бар.

Білім кредиттерін кепілдендіруге қатысты студент-салымшыларға бірқатар талаптар белгіленіп отыр. Атап айтқанда, кредитке үміткер адам Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеуі болуы тиіс. Бұдан бөлек, салымшының орташа үлгеріміне де назар аударылады. Мәселен, үміткердің Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу бойынша сынағының нәтижесі 50 балдан кем болмауы тиіс. Емтихандық сессиялардың нәтижесі бойынша орташа балл 3,5-тен (5 балдық жүйе) және 1,33 балдан (GPA – кредиттік жүйесі) төмен болмағаны жөн. Білім несиесіне Қазақстан аумағында орналасқан барлық қазақстандық жоғары оқу орындарындағы студенттер қол жеткізе алады. Студент оқып жүрген уақытында кредиттің негізгі сомасын өтеуді кейінге шегеріп, тек пайыздық қарызын төлеу мүмкіндігіне ие бола алады. Бұл жүйеде ерекше жағдайлар болмаса, кредит үшін кепілге мүлік қою қарастырылмаған. Ал несиенің мөлшерінде шектеу жоқ. Ең бастысы, несие мөлшері оқу бағасынан асып кетпесе болғаны. Жалпы алғанда кредиттік тетік те өзінің тиімділігін дәлелдеді. Мәселен, бүгінгі таңда білім кредиттері бойынша шамамен 7 мыңнан астам салымшы «Қаржы орталығы» АҚ-ның кепілдігін алған. Жалпылама айтатын болсақ, білім кредитінің келесідей артықшылықтары бар: кепілзатсыз; кредит мерзімі 12 жылға дейін; кредиттің негізгі қарызын өтеу ЖОО-ды бітіргеннен соң 6 айдан кейін; кредиттің сомасы шектелмейді; тек Қазақстан ЖОО-ларында оқу үшін кредит беру. Әрине, бұдан бөлек, әр банктің өздерінің жеке талаптары, шарттары және ұсыныстары бар. Мәселен, «Форте банк» АҚ «Тұрар Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті» АҚ студенттерін ғана несиелендіреді.

Білім кредитінің тағы бір ерекшелігі, егер салымшы білім депозитинде оқуға төлеуге қажетті қаражаттың жартысынан астамын жинақтаған болса, онда мемлекеттің 100 пайыз кепілдік етуімен екінші деңгейлі банктерден кредит алу мүмкіндіктері ұсынылады.

Елбасымыз: «Құрметті отандастар! Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер» – деген болатын. Ал қазіргі таңда жастарға білімді болуға мүмкіндік басқа заманға қарағанда әлдеқайда жетерлік. Ол мүмкіндіктің бірі – білім беру несиелерін кепілдендіру бағдарламасы.

А. САТЫБАЛДИН,
ҚР Білім және ғылым министрлігі қаржы орталығының менеджері.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЕМДЕУ КЕШЕНІНІҢ кеңесі

Ораза тұту дегеніміз – жалпы денсаулық жағынан өте пайдалы үрдіс. Бүкіл организм демалады, тынығады, күш алады. Ми жұмысы жақсарады. Түрлі қысымдар себебінен нашарлап тұрған қан айналу жұмысы жеңілдейді. Іш-құрылыс органдары жұмысы ретке келеді. Бүкіл ағзадағы жан-жақты жақсарудан адамның қимыл-қозғалысы ширайды.

Әрбір ораза тұтуға ниетті адам ағзаны ай бойына ашығуға дайындық кезеңінен өткізгені жөн. Күнделікті күйкі тірліктен әбден қажып, шаршаған организм ораза тұту кезінде әлсіреп, жақсару есесіне одан әрі нашарлайды. Нәтижесінде ораза тұтуды тоқтатуға немесе ілініп-салынып күн санап, сағат санап ораза айының ақырын асыға күтетін жағдайға жетеді. Кейін де бірталай уақыт есін жиып, қалыпқа түсе алмай жүреді.

Күні бойына ашыққан адам шыдамсыздықпен ауыз-ашар кезде шектен тыс мөлшерде ас ішеді. Өз үйінде ішкені былай тұрсын, әр үй ауыз-ашарға шақырады. Сөйтіп жүргенде түн ортасы ауады. 1-2 сағат тынығып алып, сәресін ішуге қайта тұрады немесе сол қалпы ұйқысын қимайды әрі асқазаны ауырлап, толып, ішкен асы қорытылмай тұрғандықтан, тіпті, сәресі де ішілмейді. Күні бойына су да, дәрі-дәрмек те қабылдауға құқы жоқ. Ол аздай, "өмір – күрес" демекші, түрлі күйзелістерге түсіп қалатын жағдайлар да жоқ емес. Шаршау тағы бар, сөйткенше ауызашар уақыт та келеді. Әрі қарайғы ауыз бекітер кезге дейін адамның асқазаны ауырып, басы айналып, бүкіл денесі сыздап, аяқтарының жүргісі, қолдарының қимылдағысы, миының жұмыс істегісі келмейтіндей күйге түседі.



Осы кезде біздің, яғни "Сайлаухан" емдеу, қайта оңалту кешенінің әлемге әйгілі, теңдесі жоқ, ғалымдардың зерттеуінен өткен, түрлі халықаралық марапаттарға, сапа белгілеріне ие "Сайлаухан" емдік ауыз, ас суы сіздерге көмекке келеді.

Мекенжайымыз: Алматы қ., Афцинао көш., 34.
Тел: 8-707-203-60-35 (директор),
8 (727) 226-08-00, 8-701-179-06-06, 8-707-049-85-24
Instagram: Sailaukhan_nagyz_anyz_adam
Вконтакте: Сайлаухан Ауелбаева,
Facebook: Сайлаухан Ауелбаева,
Youtube: Сайлаухан Ауелбаева.

Жақсыбек КЕНЕШОВ,
«Сайлаухан» емдеу, қайта оңалту кешенінің қызметкері.



Халықаралық BI марафоны

Екінші халықаралық қайырымдылық BI марафоны 28 мамыр күні Астанада өтеді. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «BI Group Development холдингі» басқармасының төрағасы Аманкелді Омаров хабарлады. Брифингке боксшы, Олимпиада чемпионы, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Бақтияр Артаев, «BI-Жұлдызай» корпоративтік қорының директоры Гүлхан Исабаева, жеке кәсіпкер және марафоншы Ақмарал Мейірман қатысты.

Қажет АНДАС

Шара аясында басқарма төрағасы «BI Group» компаниясы елдің халық арасында бұқаралық спортты дамыту бойынша саясатын белсенді түрде қолдайтынын айта келіп, компания басшылығының спорт шараларын қаржыландырып және жоғары нәтиже көрсеткен спортшыларды марапаттап, мыңдаған ұжымды салауатты өмір салтына баулитынын жеткізді.

Марафонға қатысу арқылы әрбір адам қайырымды іс жасай алады. Жиналған барлық қаражат «BI-Жұлдызай» қайырымдылық қорына жіберіледі. 2004 жылдан бастап қор мүгедек балаларға, сондай-ақ, балалар мекемелері мен ауруханаларға материалдық және әлеуметтік көмек көрсетіп келеді. Қор шетелден жоғары білікті мамандарды шақыра отырып, емделіп жатқан балаларға хирургиялық ота жасайды. 2,5 жылдың ішінде сал ауруына шалдыққан үш жүзден астам қазақстандық балаға ота жасалды, 1000-нан астам оңалту курсы жүргізілді.

Естеріңізге сала кетейік, «BI-Марафоны» өткен жылы алғаш рет ұйымдастырылды. Жиналған қаражатқа сал ауруына шалдыққан балаларды емдеу үшін медициналық жабдықтар сатып алынды. Олар Астанадағы «BI-Жұлдызай» медициналық оңалту орталығында балалардың емдік іс-шараларына қолданылып келеді.

Алдағы уақытта өтетін марафоннан түскен қаржы да осындай игілікті істердің қатарын толтыратын болады.

ЖҮРЕК СӨЗІ

Бала бақыты

Бақыт... «Бақыт деген не?» деп сұрадым өзімнен де, өзгеден де. Бақыт деген біреулер үшін бала болса, біреулер үшін байлық.

Біреулер бақытты абырой, даңқ деп түсінсе, енді біреуі мықты денсаулық деп біледі. Әрине, мұның бәрін бақыт деп айтуға болар. Ал менен өзге біреу «Бақыт деген не?» деп сұраса, қолда барды бағалау дер едім.

Нақтырақ айтар болсам, бақыт деген анаңды құрметтеп, бағалау. Бұл әлемде ананың жылы алақаны мен мейіріміне жетер ештеңе жоқ! Әрбір ана «баламның табанына кірген тікен менің маңдайыма қадалсын» дейді. Баласы ауырса түн ұйқысын төрт бөліп, ем-домын жасап, алаңдайтын жанашыр адам – ол ана!

Ана деген үш-ақ әріп, бірақ қаншама махаббат, мейірім тұнып тұрған сөз десеңші! Ана – мен үшін киелі. Себебі, «ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді». Менің сөзіме дәлел іздесеңіз, балалар үйіне барыңыз да «Бақыт» деген не деп сұраңыз. Ондағы балалар жүздеріне, жүректеріне жылу келгендей болып, «Бақыт деген ананың жанында болу, ол ананың мейірімі ғой» дер еді. Ал, біз ше? Анамыздың қадірін білмейміз, сөзін көтере алмай, ренжітеміз. Әрине, көпке топырақ шашпаймын. Аналарын қадірлеп, қастерлеп, құрметтеп жататындар да бар. Оларды толық бақытты жандар деуге болады. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ». Сондықтан да барымызды бағалайық, анамызды жерге қаратпайық, өзгеге баласын сынатпайық, ешқашанда жылатпайық.

Ана деген көркем сөз,
бітпес дастан,
Ана деген жүрегі алтын,
асыл тастан.
Балаға деген көңілі
даркан даладай,
Ана деген кең дария, ашық аспан.

Талшын НҰРТІЛЕУ.
Талдықорған.

ЕСКЕ АЛУ



Қаратал ауданының Үштөбе ауылында ғұмыр кешкен асыл досымыз Сатаев Төлеген Исатайұлын сағынышпен еске аламыз. Тірі болса ол бүгінде 65 жасқа толар еді. Амал қанша, аққөңіл де ақпейіл, айналасындағының бәрін бауыр көріп, жақын тұтып жүретін ғазиз досымыз, жігіттің төресі дерліктей атпал азамат осыдан алты жыл бұрын өмірден өтті.

Төлеген Исатайұлы қазақтың киіз үйін шығаратын зауытта шаруашылық басшысы болып еңбек етіп, аталған өндіріс жабылған соң кәсіпкерлікпен айналысты. Зайыбы Майра екеуі заманаға сай ұрпақ тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Бүгінде ұл-қыздарынан 3 немере өсіп келеді.

Тірі болсаң, шаттыққа
Толып әбден кенерең,
Бейнетіңнің зейнетін
Көретұғын ғажап жас –
65-ке келер ең.

Амал қанша, тағдырың
Ұзақ ғұмыр қимады.

Азамат ең ақпейіл
Үзілмеген думаны.

Орның қалды ойсырап,
Жүрек шіркін сыздауда.
Жаны жақсы қайран дос,
Ұмытылмас әз бейнең
Тіршілікте біз барда.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: достары – **Айдархан, Ғалымжан, Аян, Әмірхан, Ықылас, Серік.**

ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

«Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» облыстық конкурсын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» облыстық конкурсы (бұдан әрі – конкурс) облыстағы мемлекеттік органдарының іс қағаздарын жүргізу саласында мемлекеттік тілдің рөлін арттыруға бағытталған.

2. Конкурсты өткізудің мақсаттары:

1) мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және дамыту;

2) мемлекеттік тілді қолданудың беделін арттыру;

3) мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру.

3. Конкурс мемлекеттік тілде өтеді.

4. Конкурсқа тиісті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерінен құралған үш адамнан тұратын командалар қатысады.

2. Байқауды өткізудің тәртібі

5. Алматы облысы әкімдігінің Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) конкурстың ұйымдастырушысы.

6. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жылдың бірінші жартыжылдығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Басқарманың интернет-ресурсында орналастырылады.

7. Мемлекеттік органдар осы Қағиданың қосымшасына сәйкес конкурсқа қатысуы үшін өтінімді Басқармаға 2017 жылғы 1 шілдеге дейін ұсынады.

8. Конкурс мынадай тапсырмалардан тұрады:

1) «Сәлемдесу»: команда атауы мен ұраны (үш минуттан көп емес);

2) «Жер-судың аты – тарихтың хаты»: командаларға лэд-экраннан танымал жерлердің (мысалы, Оқжетпес, Қарқаралы, Жетісу т.б.) суреттерін көрсеткеннен кейін олардың атауларын анықтап, қысқаша тарихын айтып берулері тиіс;

3) «Қазақ сөзі»:

– мемлекеттік тіл туралы басталған қанатты сөздерді командалар аяқтайды (үш минуттан көп емес);

– тілдерді дамыту саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілер туралы сұрақтарға жауап береді (үш минуттан көп емес);

4) «Үй жұмысы»: «Мәңгілік Ел – Мәртебелі тіл» тақырыбында командалар музыкалық және театрландырылған қойылымдарды көрсетеді *(бес минуттан көп емес).*

3. Қорытынды ережелер

9. Конкурсқа қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау үшін білікті мамандарынан, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінен қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасы бес адамнан тұрады. Оның құрамын Басқарма анықтайды.

10. Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін бағалау кезінде төмендегі талаптарды ескереді:

1) сөйлеу мәдениеті;

2) дұрыс айтылуы;

3) жауаптың толықтығы мен нормативтік құқықтық актілерді білуі;

4) сахналық образы.

11. Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы дипломдармен, алғысхаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

12. Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Басқарманың интернет-ресурсында орналастырылады.

Байланыс телефондары:
8 (7282) 400-161, 400-156, 400-160.

Құрметті Алматы облысының тұрғындары!

Алматы облысының Әділет департаменті **2017 жылдың 25 мамырында сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін** азаматтарға адвокаттық тегін заң кеңесін беру мақсатында Ашық есік күнін өткізетінін хабарлайды.

Осы іс-шараның шеңберінде барлық өтініш білдірген азаматтарға адвокаттық тегін құқықтық көмегі көрсетіліп, қолданыстағы заңнама нормаларына түсініктемелер беріледі.

Заң кеңесін алуға ниет білдірген барлық азаматтарды Ашық есік күніне қатысуға шақырамыз.

Мекенжайымыз: Талдықорған қаласы, Қабліса Жырау көшесі, №69, облыстық адвокаттар алқасының ғимаратында жүзеге асырылады. Байланыс нөмірі:

8(7282) 24-01-47, 24-40-33, 24-32-54.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ.

Қазақстан Республикасының «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» Заңына сәйкес облыс бойынша 2017 жылға заң көмегін көрсететін адвокаттар тізімі:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына берілген лицензияның нөмірі және күні	Адвокаттық қызмет мекемесінің нысаны	Қызметтік кеңсенің атауы және орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Дюсембаев Сагиндык Асманович	№17006745 от 18.04.2017 г.	Талғар аудандық заң кеңсесі	Алматы облыстық адвокаттар алқасы *Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Асан қайғы көшесі, 70-үй*	8 747 804 51 78
2	Тлеукеев Ермек Нурмуханбетович	№12019991 от 28.12.2012 г.	Талғар аудандық заң кеңсесі	Алматы облыстық адвокаттар алқасы *Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Асан қайғы көшесі, 70-үй*	8 701 653 46 93
3	Каметов Ринат Исаханович	№16015684 от 12.101.2016 г.	№1 Орталық заң кеңсесі	Алматы облыстық адвокаттар алқасы *Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 53-үй, 1-пәтер*	8 701 900 43 02

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры: Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор: Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – 41-10-46, бас редактордың орынбасарлары – 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы – 41-10-50, бөлімдер – 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 41-10-52, фототілшілер – 41-10-53, жарнама бөлімі – 41-10-51.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37, 279-13-86.

Меншікті тілшілер: Панфилов – 9-12-27, Іле және Қапшағай қаласы – 8-777-016-44-11, Жамбыл – 8-701-254-97-55, Талғар – 8-701-400-28-49, Қарасай – 8-701-347-60-32, Еңбекшіқазақ – 8-701-212-00-96.

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 60-11-21 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 763.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 58454, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы — 34 502.
Индексі — 33 374.

Кезекші редактор: Мәди АЛЖАНБАЙ.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ қазаққа жат емес

Елбасы елімізді рухани жаңғыртудың жүйелі, жоспарлы бағдарламасын ұсынды. Өйткені әлем тарихындағы соңғы онжылдықтағы өзгерістер, ғылыми-техникалық жаңалықтар мен рухани, мәдени құндылықтардың көз ілестірмей өзгеруі жүріп жатқан заманда дамыған мемлекеттердің көш соңында қалып қалмау үшін біз рухани құндылықтарды да ұмытпауымыз керек. Сол жолда озық елдердің ортасынан ойып орын алу үшін технология мен инновацияға, экономиканың жаңа салалары мен инфрақұрылымды дамытуға көңіл бөлуіміз керек.



Ұлан-ғайыр даласының қарыс жерін қасық қаны қалғанша қорғап келген ата-бабамыздың ерлігін, асыл текті намысқойлығын ұрпақ бойына сіңіруде бұл бағдарламаның алатын орны ерекше. Қашанда халық қамын ойлаған, жеткіншек ұрпақтың білімді, білікті болып өсуін мақсат еткен, әр азаматтың бойына бала кезінен ізгілік пен ізеттілікті дарытуда ерен еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген ұстаздар үлкен жұмыс атқаруда. Әрбір педагогикалық ұжымда бұл тарихи құнды құжат талқыланды. 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, латын әліпбиіне көшіру керектігі туралы да қызу қолдау жүріп жатыр. Өйткені қазақ халқы үшін латын әліпбиі жат құбылыс емес. 1926 жылы желтоқсан айында Қазақ атқару комитеті және халық ағарту комиссариатының ұйымдастыруымен қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жайлы кеңес өтіп, латын әліпбиі қазақ қоғамын Еуропа өркениетіне жақындатады деген пікір болған. Ал бүкіл қазақ зиялылары 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын әліпбиін қолданған.

Қазақ әліпбиінің латын нұсқасын Түркиядағы және бірқатар Батыс елдеріндегі қазақ диаспорасы қолданады, бірақ оның ресми мәртебесі жоқ, сондықтан оны заңдастыру, көшу кестесін Елбасы Үкіметке тапсырды. Ендігі кезекте Үкіметтен нақты жоспарларды, нақты мерзімдерді, сапалы оқулықтарды, көрнекіліктерді күтеміз.

Мектеп табалдырығын аттаған жас бала жас шыбық сияқты, қалай иілдірсең солай иіледі, сондықтан балаға латын әліпбиінен бастап кету қиындық тудырмайды. Мектепке қызметке келетін келешек ұстаз, бүгінгі студент жоғары оқу орнында жақсы меңгеріп келсе, мектеп ұстаздарын білімін жетілдіру институттарынан өткізіп алса бағдарламаның еш қиындықсыз іске асатыны сөзсіз. Өйткені қазір мектептерде ұстаздық қызмет атқарып жүрген 20 – 25 жастағы жас мамандар 2025 жылы нағыз мектептің тірегі, оқу- тәрбие үрдісін үйлесімді өткізетін тәжірибелі маман болары анық. «Ел иесіз, жер киесіз болмайды» демекші, осындай киелі жердің Нұрсұлтан Әбішұлындай иесінің, жанашырының, елін, жерін шексіз сүйген азаматымыздың барына мақтанамыз.

Ж. ҚҰЛАХМЕТОВА,
облыстық мәслихат депутаты,
Алмалы орта мектебінің директоры.
Сарқан ауданы.

КОНКУРС

«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» байқауы жарияланды

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» тақырыбы бойынша таңдаулы материалдарға жыл сайынғы дәстүрлі ашық конкурсын жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету. Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) «Үздік теледидар материалы»;
2) «Үздік радиоматериал»;
3) «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;
4) «Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – **500 мың** және **200 мың теңге** беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен төсбелгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке және ұжымдық негізде қатыса алады.

Конкурсқа **2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қазан аралығында** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген комиссия шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2017 жылғы 1 маусымнан бастап 10 қарашаға** дейінгі мерзімде әкеліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекенжайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ә. Бөкейхан көшесі, 10, 213-каб., «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады. Байланыс тел.: 8 (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50, 69-30-53, 69-30-56.

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.president - foundation.kz сайттары арқылы танысуға болады.

МӘДЕНИЕТ МӘЙЕГІ

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы «Рухани керуен» жобасы аясында арнайы жоспар жасап, өз жұмыстарын атқаруда. Солардың қатарынан Астанадан арнайы келген режиссер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақовтың жазушы А. Ихсанның теріс діни ағымдар жайлы «Хақ жолы» атты әлеуметтік драмасын көрермен назарына ұсынуын ерекше атауға болады.

РУХТЫ ЕЛ – МЫҚТЫ ЕЛ

Діни экстремизм мен теріс діни ағымдардың қоғамға, оның ішінде жастарға деген әсерін азайтуды мақсат еткен театр ұжымы 17 сәуір мен 5 мамыр аралығында аталмыш драмамен аудан, қалаларға гастрольдік іссапармен шығып, ел көңілін марқайтып қайтты.

Сонымен қатар, облысымыздағы басты өнер ұжымдары – Сүйінбай атындағы облыстық филармония мен «Құлансаз» фольклорлы-этнографиялық ансамблі осы мақсатта шалғай жатқан елді мекендерге тегін концерттер қойып, рухани кештердің ұйытқысы болды. Сондай-ақ, облыс аумағындағы қарттар үйлері мен жетім балалар үйлеріне де қайырымдылық концерттер берілді.

Жұмыс жоспарына сәйкес, облыстық С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасы, аудан, қалалардың шалғай ауылдарына шығып, «Рухани керуен» жобасы аясында «Алаш қозғалысы: тарихы мен тағылымы» атты кітап көрмесін, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Тарихы терең қазыналы өлке» буктрейлерін, «Сирек кездесетін кітаптар» слайд-шоуын, діни терроризм және экстремизмнің алдын алу үшін «Діни экстремизм – ғасыр індеті» атты ақпарат сағатын, халықтар достығын нығайтуға бағытталған «Қазақстан халқының байлығы – бірлікте» мерзімді басылым мақалаларынан библиографиялық дайджест, «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығына арналған танымдық сағаттар өткізді.

Одан бөлек, халқы тығыз орналасқан елді мекендерде аудандық, қалалық, ауылдық Мәдениет үйлері өнерпаздарының қатысуымен бірқатар мәдени-көпшілік шаралар, тарихи, діни құндылықтарды насихаттау мақсатында Ақсу, Балқаш, Ескелді, Көксу, Панфилов, Райымбек аудандары мен Талдықорған қаласында рухани тағылымдық шаралар, әдеби кештер, кездесулер, жастарға өнеге боларлық әңгіме сағаттары жүргізілді.

Қаһарман бабалар бойындағы батырлықты келер ұрпақ жадында қалдыру мақсатында ұйымдастырылған «Дарабоз батыр Қабанбай» атты ғылыми тәжірибелік конференция Қаракерей Қабанбай батырдың Талдықорғандағы ескерткішіне гүл шоғын қоюдан басталды. Облысқа белгілі ақсақалдар, зиялы қауым, ақын-жазушылар мен қала тұрғындары қатысқан конференцияда І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті гуманитарлық факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты Амангелді Төлемісов, тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Ахмет Тоқтыбай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Какен Хамзин, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгеруішісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұрдәулет Ақыш, Қаракерей Қабанбай батыр қоғамдық қорының төрағасы, кесене шырақшысы Камал Әбдрахман сөз сөйлеп, көпшіліктің көңілін серпілтті.

«Кітап – білім бұлағы», – деп бекер айтылмаған. Облыс әкімінің қолдауымен жыл сайын жергілікті ақын-жазушылардың кітаптарын шығару дәстүрге айналған. Биылғы жартыжылдықтың өзінде 39 автордың туындысы жарық көрді. Жергілікті ақын-жазушылар рухани керуен сапарымен өздерінің туған аудан, қалаларында кітаптарының тұсаукесерін ұйымдастыруда.

Алдағы уақытта рухани керуен көші Өзбекстан еліне жоспарланып отыр. Еларалық қарым-қатынасты арттырып, ұлттық өнеріміздің паш ету жолында жұмыстар жоспарлы түрде жалғаса береді.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының ғимаратында қоғамдық қабылдау өтіп, облыстық білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова азаматтарды жеке мәселесі бойынша қабылдады.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Жетісу

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

БІЛІМ БАСШЫСЫ жауап берді

Бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болып тұрған білім саласы бойынша сауалдар әр адамның көкейінде жүргені анық. Сондықтан да тұрғындардың облыстық білім басқармасы басшысына қоятын сауалдары аз болмады. Қоғамдық қабылдауға облыс бойынша бес адам тіркеліпті. Оның үшеуі арнайы басқарма басшысымен көзбе-көз тілдессе, екеуі онлайн режимінде байланысқа шықты.

Ләззат Тілеубайқызы Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылынан келген Жанғазы Жексенбаевты қабылдады. Жанғазы Жұманұлын толғандырып жүрген мәселе, Кербұлақ ауданында өнер мектебін ашу. Күреңбел өңірі өнерлі таланттар қанат қаққан киелі мекеннің бірі. Міне, осы аймақта өнер мектебі жас жеткіншектерді құшағына басса деген сауалына тұшымды жауап алды. Басқарма басшысы бұл мәселе алдағы уақытта шешімін табатынын жеткізді. Облыс әкімінің назарына іліккен, бүгінгі таңда қаражаты да есептеліп, мәслихат шешімін тауып отыр. Аудан басшылығы жекеменшік ғимаратты тауып, жалға алу мәселесі де шешімін тапты дейді. «Өнер мектебін ұстап тұруға облыстық бюджеттен 29 млн. 460 мың теңге көлемінде қаражат есептеліпті, мәслихат сессиясына ұсынып отырмыз және жыл аяғына дейін шешімін табады», – деп Жанғазы Жұманұлының сауалына нақты жауап берді. Одан кейін жасы жетпіс төрттен асқан Бақыт Дүйсенбаева апамыз немересінің оқу бітіретінін және спорттық жетістіктері көп екенін алға тартып, «ҰБТ- да қандайда бір жеңілдіктер бола ма?» деген сауал тастады. Көптеген халықаралық жарыста жеңімпаз атанып жүрген Аделя Дүйсембаеваны басқарма басшысы бірден таныды. Ендігі жерде боксшы қыздың оқуға түсуі тек болашақ талапкердің өз қолында екенін жеткізді. ҰБТ-да ешқандай жеңілдіктер болмайтынын және ол талапкердің өз білімі мен біліктілігіне байланысты екенін жете түсіндірді. Ал, информатика мамандығы дипломымен қаладан жұмыс сұрап келген Гүлмира Оқапқа бірден жұмыс табыла кеткен жоқ. Отбасылы Гүлмираны жас маман ретінде ауданға жібере алмады. Отбасылық жағдайға байланысты ваканциялық орын бар ауданға барудан өтініш білдірушінің өзі бас тартты. Қалалық мектептерде бос орын жоқ. Тек алдағы уақытта қаладан орын табылып қалар деген үмітпен тамыз айында тағы бір жолығуды ұсынды. Скайп арқылы байланысқа шыққан Талғар ауданының тұрғыны С. Үскібаева қызының дефектолог мамандығы бойынша оқуға барғысы келетіндігін және оған грант мәселесі қалай болатындығын сұрады. Бұл сауалға басқарма басшысы грант мәселесі өте қиын сауал, ол талапкердің ҰБТ-да алған балына байланысты екенін айтып, оның аз қамтылған отбасыға жатпайтындығын ескертті. Райымбек ауданынан Дариға Құрманбаеваның сауалы да өз шешімін тапты. Бүгінгі таңда ағылшын пәні мұғалімдері жетіспейді дегені шындыққа жанаспайды. Дәл қазіргі уақытта кадр мәселесі дұрыс жолға қойылған және ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері толықтай жеткілікті екенін айтты. Екінші сауалы – оқушылардың кітап мәселесі. Бастауыш сыныптың оқулықтары өте ауыр, салмағы баланың жас ерекшелігіне келмейтінін айтты. Бұл сұраққа Ләззат Тілеубайқызы бастауыш сыныптың ата-анасы балаларын мектепке өздері әкеліп, өздері алып кетуі тиіс. Бұл заңды түрде қабылданған қағида және кітаптың салмағына қатысты мәселе келер жылы оңтайлы шешімін табады. Әр оқушының оқулығы әр тоқсанға бөлініп шығарылады. Сонда кітап салмағы төмендеп, балаға жеңіл болатынын айтты.

Келіп түскен сауалдардың барлығына басқарма басшысы толықтай жауап қайтарды.

СЕЛЕКТОР

Кооперативтер жайы талқыланды

Облыстық әкімдіктің кіші жиынжайында облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіровтің қатысуымен селекторлық кеңес өтті. Жиналыста нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының орындалу барысы мен Астана қаласында «Астана ЭКСПО – 2017» көрмесі аясында ұйымдастырылатын ауылшаруашылық жәрмеңкесіне дайындық жұмыстары пысықталды.

Бүгінгі таңда ауылшаруашылық кооперативтерін құру қауырт қолға алынып, қыруар шаруа тындырылды. Биыл облысымыз бойынша 111 ауылшаруашылық кооперативін құру жоспарға еніп, оның 52-і орындалған. Шаруашылықтарды ірілендіру мақсатында аудан-қалалардағы 702 ұсақ шаруа және үй қожалықтарын қамтуды жоспарлаған. Мұның сыртында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 29 сервистік дайындау орталығы ашылып, оның айналасына 456 ұсақ шаруашылықты топтастыру жұмысы жүргізілуде. Осындай жұмыстың нәтижесінде облысымыздың ауылшаруашылық кооперативтерін құру көрсеткіші республикада көш бастап тұр. Яғни, елімізде құрылуға тиісті кооперативтің төрттен бірі Жетісу жерінде ұйымдасып, тиісінше өнім шығара бастады.

Осы жайға тоқталған облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров жетістіктеріміз көп болғанымен бірқатар ауданда кооператив құру жоспары әлі де өз деңгейінде орындалмай жатқанын тілге тиек етті. Осындай кемшілікке жол берген аудан басшыларына ауылшаруашылық кооперативтерін көптеп құрып, ел игілігін арттыру керектігін тапсырды.

Күн тәртібінде көтерілген екінші мәселе Астанада өтетін халықаралық көрмеге дайындық барысын пысықтауға арналды. Көрме аясында облысымыздың ауылшаруашылық өнімдері жәрмеңкесі өтетінін жеткізген облыс әкімінің орынбасары оған жетісулық шаруалардың 19 мың тонна өнімі ұсынылатынын тілге тиек етті.

– Қазір Астана қаласында облысымыздың ауылшаруашылық өнімдері жәрмеңкесін өткізетін орын белгіленді. Оған қай ауданның қандай өнім түрін және қаншалықты мөлшерде ұсынатындығы анықталды. Бүгін сол мәселені егжей-тегжейлі пысықтап шықтық. Демек, жәрмеңке ойдағыдай өтеді деп ойлаймын, – дейді облыс әкімінің орынбасары.

Иә, белгіленген кестеге сай облысымыз 17-18 маусым күндері астаналық тұрғындарға өз өнімдерін ұсынады. Жерлестеріміздің экологиялық таза өнімдері астаналық ағайынның көңілінен шығатындығы анық.

Қ. ОМАРАҚЫН.

Орталық коммуникациялар қызметі

БАҒЫТЫ АЙҚЫН БАСТАМА

Жуырда Астана қаласындағы «Hilton Garden Inn Astana» мейманханасының «Garden» залында KIB Finance, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Astana Invest» ЖШС, сондай-ақ, қазақстандық және халықаралық қаржылық институттардың ұйымдастыруымен «COCAD «Consortium of Central Asia Development» заңды тұлғалар қауымдастығының тұсаукесер рәсімі өтті. Оған ұлттық компаниялар, дамыту институттары, үкіметтік емес ұйымдар, Қазақстандағы дипломатиялық және шетелдік инвесторлардың өкілдері қатысты.



Жетісу

Қажет АНДАС

Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде «Consortium of Central Asia Development» заңды тұлғалар қауымдастығының президенті Серік Садықовтың қатысуымен өткен баспасөз конференциясында сөз болды. Баспасөз мәслихатына халықаралық заңгер, «KIB Finance» өкілі Әйгерім Берекешева, Астана қалалық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғани Тасмағанбетов, «Astana invest» ЖШС бас директоры Абай Қожамжаровтар қатысып, өз ойымен бөлісті.

Айта кетерлігі, мемлекеттің тікелей қолдауымен барлық жұмысын жүйелеп отыратын қауымдастық сәуір айында құрылған еді. Ол Қазақстан және Орталық Азиядағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың мүшелігі негізінде ұйымдасқан ұйым болып табылады.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев әр жылғы Жолдауларында елімізге шетелдік инвестицияны тарту және шетелдік әріптестермен бірлескен кәсіпорындар құру қажеттігі туралы жиі айтып келеді. Тіпті Президент биылғы Жолдауда кәсіпкерлік субъектілерінің бірлесуі мен кооперациясының рөліне, сондай-ақ елдің өндірістік әлеуетін жаңғырту қажеттігіне ерекше назар аударды. Осы тұрғыдан алғанда «COCAD «Consortium of Central Asia Development» заңды тұлғалар қауымдастығының қызметі сол тапсырмаға қол жеткізуге бағытталған. Мәселен, ұйым әлемдік нарықта отандық өндірушілердің мүдделерін қорғай отырып, кәсіпкерлікті жан-жақты дамытуға ықпал етуді, экономика, ғылым, сауда-саттық саласында әріптестерді табуға жәрдемдесуді, сондай-ақ, елімізде, шетелдерде сауда-экономикалық қарым-қатынастардың барлық түрін дамытуды ниет етеді.

Осындай салмақты мақсатты арқалаған қауымдастықтың атқаратын міндеті мен жұмыс бағыты да салмақты. Шара аясында бұл жайлы да кеңінен әңгіме болды. Спикерлердің айтуынша, қауымдастық инвестициялаудың негіздемелік жағдайлары туралы ақпаратты ұсыну, инвестицияларға жәрдемдесу, бірлескен кәсіпорындар, техникалық және қаржылық әріптестіктерді құру бойынша әріптестерді табу, қауымдастық мүшелеріне мемлекеттік қолдау шаралары туралы кеңестер беру, ішкі және сыртқы сауда-саттықты ұйымдастыруға жәрдемдесу қатарлы бағыттарда жұмыс атқарады.

Жаңадан тұсаукесері өтіп, болашаққа жол алған қауымдастықтың алғашқы отырысында ынтымақтастық туралы 10-ға жуық келісімге қол қойылды. Олардың бір бөлігі жобаларды мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің механизмін пайдалану арқылы жүзеге асыруға қатысты болса, екіншісі, әлемдік деңгейдегі модераторлар мен спикерлер қатысатын іскерлік кездесулерді ұйымдастыру, «Қазақстан инвестициялар үшін ашық» роуд-шоуын жүргізу жоспарларына арналды. Сонымен қатар, кездесуде Қазақстанда қаржылық технологияларды дамыту, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті нығайту, еліміздің инвестициялық ахуалы және Еуропа елдерінің осы жайлы көзқарастарын бағамдау, экономиканың нақты секторларына инвестициялар құю қатарлы маңызды мәселелер де талқыланды.

СЕМИНАР

САҚТЫҚ ШАРАСЫ басты назарда

Қаскелең қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен терроризмнің алдын алу, сондай-ақ, терроризм актісі кезіндегі іс-қимыл тақырыбында облыстық семинар болып өтті. Оған Қарасай, Балқаш, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Кербұлақ, Талғар аудандары мен Қапшағай қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшылары, кітапхана, Мәдениет үйлерінің директорлары қатысты.

Жетісу

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Жаһандану үрдісі әлемге жақсылықпен қатар қауіп-қатерді қоса ұсынуда. Шекараларды да, құрылықтарды да місе тұтпайтын терроризм мен экстремизм белгілері, өкінішке орай, бейбіт шілікті арқау еткен біздің елде де көрініс бере бастағаны осыны аңғартады. Осыған байланысты, бейқамдықты қойып, оқыс оқиғалардың алдын алу, жаманат бола қалған жағдайда қажетті іс-қимылдар жасауға дайын болу – әркімнің жадында жүруі тиіс. Мәдениет саласы қызметкерлерінің алқалы жиынында осы мәселелер жан-жақты талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасаған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбекова Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы бесінші басымдықта көрсетілгендей, терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу шараларын ұйымдастыруда мәдениет саласы қызметкерлерінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге тоқталды. Тәжірибе көрсеткендей, жанкештілер ең алдымен адам шығынының барынша мол болуын қамтамасыз етуге тырысады. Ал жұртшылық әуежайларда, теміржол вокзалдарында, содан кейін театрлар мен көпшілік мәдени шаралары өтетін жерлерде молынан жиналады. Мысалы, былтыр ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты республика бойынша ауқымды шаралар жүзеге асырылса, жыл басында Алматы қаласында өткен қысқы Универсиадаға әлемнің әр шалғайынан жүздеген спортшы мен қонақ келгені белгілі. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бұрын-соңды болмаған сақтық шаралары жүзеге асырылды. Осыны айта келе облыста 243 Мәдениет үйі бар екеніне тоқталған Әлия Әлімжанқызы бүгінгі күнге олардың тек 151-і ғана террористік акт бола қалған жағдайда құтқару шараларын ұйымдастыруға қатысты паспорт жасап үлгергенін тілге тиек етті.

Облыстық ішкі істер департаментінің қызметкері, полиция полковнигі Қалибек Еселбаев өз сөзінде еліміздегі діни экстремизм мен терроризм көріністері турасында жалпы мағлұмат беріп, жастарымыздың жат ағымдарға бой алдыруы, олардың жасаған қылмыстары үшін алатын жазасы жайлы заң тұрғысында түсіндіріп берді. Одан соң облыстық халық шығармашылығы орталығының мәдени көпшілік шараларды ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Асқар Нұрмұхаметов жұртшылық молынан жиналатын басқосулар мен көпшілік шаралардың сырт көзге көріне бермейтін тұстарын да жақсы білетінін атап өтіп, оқыс оқиғалардың алдын алу және сақтық шаралары жайында нақты мысал келтіре әңгімеледі. Ал облыстық дін істері басқармасының дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының диінтанушысы Ерлан Матаев экстремизм және терроризм деген ұғымдардың шығу тегі, әлемдегі көріністеріне тоқталып, теріс ағымдардың жетегінде кетпеудің жолы жайлы ойын ортаға салды. Сонау VIII–X ғасырларда қазақ жеріне орныққан Ислам діні ата-бабаларымыздың дәстүрлі дініне айналып, ізгілік нәрін сеуіп келе жатқанын тілге тиек еткен ол түрлі ағымдардың ықпалымен жат әрекеттерге барып жүрген бауырларымызды түзу жолға шақырды. «Экстремизм мен терроризммен күресеміз деп жүріп өзіміздің дәстүрлі дінімізбен күресіп кетпейік!» – деген Елбасының сөзін мысалға алған Ерлан Жұманұлы діни сауаттылық адасудан сақтайтынын жеткізді.

Соңынан семинарға келген мәдениет қызметкерлері күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша баяндамашыларға өздерін толғандырып жүрген сауалдарын қойып, жан-жақты түсініктеме алды.

Қарасай ауданы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ қаладағы бірқатар нысанды аралады. Өңір басшысы атап көрсеткен нәтиже мен түзетілуі тиіс кемшіліктің бірқатарын біз де көріп қайттық.

НӘТИЖЕ БАР, кемшілік те жоқ емес...

Қажет АНДАС

Облыс әкімінің бірінші орынбасары алдымен Талдықорған әуежайына ат басын тіреді. Өткен жылы күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген нысанның бүгінде әлеуеті арта түскен. Ұшып-қону алаңында сапалы жұмыс атқарылғаны көрініп тұр. Алайда әуежай ауласындағы санитарлық жағдайдың нашарлығы, кейбір қалтарыс жерлердегі күл-қоқыстың толық тазаланбауынан туындаған кемшіліктер байқалып тұр. Лаззат Махатұлы осы кемшіліктерді жою керектігін тиісті мекеме басшыларына тапсырды. Осыдан кейін жұмыс тобы «Қаратал» шағынауданындағы ашық шомылу алаңын аралап шықты. Нысанды қайта жаңғырту жұмысының қарқын алғаны бірден аңғарылады. Десе де, мұнда көңіл толмайтын тұстары бар. Әсіресе, судан құтқару қызметінің дайындығы өңір басшысының сынына ұшырады. Қазір шомылу алаңына су жіберіліп, суға шомылу басталып кетті. Сондықтан облыс әкімінің бірінші орынбасары құтқарушыларды моторлы қайықпен жабдықтап, әрқандай жағдайға дайын болу керектігін тапсырды.

Лаззат Махатұлы келесі кезекте «Қаратал» шағынауданындағы азаматтық үкіметке арналған ғимаратта болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында салынып, белгілі себептермен құрылысы тоқтап тұрған ғимарат келесі жылы қала әкімдігі мен оған қарасты бөлімдердің қызметтік ортасына айланбақ. Қазір ондағы жұмыс қарқыны ойдағыдай.

Бірақ, Орталық саябақтан қарқынды жұмыстың ыңғайын көрмедік. Десе де жауапты мекеме басшылары жобаның белгіленген мерзімде бітетіндігіне сенімді. Абай мен Қабанбай көшелерінің қиылысындағы бірнеше облыстық басқарма орналасатын ғимаратты әрлеу жұмысы басталыпты. Лаззат Махатұлы жұмыстың сапалы жүріп жатқанына ризашылығын білдірді.

Осы күні қала тұрғындары Ардагерлер саябағына сенбілікке шығыпты. Жалпы, саябақтағы сенбілікке 700 адам жұмылдырылып, 54 техника тартылған. Күні бойғы тынымсыз еңбектің нәтижесінде айтарлықтай күл-қоқыс шығарылып, тазаланған. Саябақты аралап шыққан Лаззат Тұрлашов Ардагерлер саябағын абаттандыру жұмысын алдағы уақытта мықтап қолға алу керектігін айтты. Айта кетерлігі, биыл да қаламызда құрылыс жұмыстары қарқын алуда. Қазірдің өзінде несиелік, коммуналдық, жалдамалы 7 тұрғын үй салынып жатыр. Жақын арада екі үйдің құрылысы аяқталып, тұрғындар қуанышы еселене түспек. Лаззат Махатұлы осы үйлерді аралап, құрылыс жұмысымен танысып шықты.

Сөйтіп, бір күнін қаланың маңызды нысандарындағы жұмыс сапасымен танысуға арнаған Лаззат Тұрлашов жетістіктерді мақтап, кемшіліктерге сын-ескертпе айтты. Кемшілікті уақытылы түзету міндетін жауапты тұлғаларға жүктеді.

ІССАПАР



Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР және әлеуметтік салаға жауапты басқармалар басшылары Талғар ауданының тыныс-тіршілігімен танысты. Әлеуметтік нысандарды аралап, шешілуі тиіс мәселелерге ден қойды.

Бес мектеп есік ашады

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Басшылық бірінші кезекте студенттердің арыз-шағымынан соң күрделі жөндеуден өткен Талғар медициналық колледжінің жатақханасына бас сұқты. Аталмыш білім ордасында 978 білімгер тәрбиленуде. 250 орынды жатақханаға студенттер сыймай жатады. «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Талғар филиалының нысаны талапқа сай емес. Құжаттар жертөледе сақталады, ауа температурасы да стандартқа сай емес. Сондықтан болашақта жеке ғимарат салу болмаса ғимарат сатып алу мәселесі назарға алынды. Облыстық медициналық-әлеуметтік оңалту және психотерапия орталығының нысаны жөндеу құрылыс жұмысын қажет етеді. Психологиялық ауытқуы бар науқастарға жағдай жасап, заман талабына сай емдеу шаралары сөз болды. «Оларға науқас деп емес, сау адам ретінде қараңыздар. Қолдарынан келген іспен айналыстырыңыздар. Бос уақыттарын тиімді пайдаланып, еңбек етсін», – деген Жақсылық Мұқашұлы үлкен мән берген жағдайда науқастардың сауығып кететініне сенім білдірді. 10 жылдан бері мүлдем жөндеу жүргізілмеген аудандық Мәдениет үйінің жағдайы сын көтермейді. Қазір шатырын жөндеуге қаражат бөлінді. Кейін толық құрылыс жұмыстары жүргізіледі.

Орталық ауруханаға аралау барысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды тұрғындарға түсіндіру шарасына назар аударылды. 2016 жылы аудан бойынша 3320 нәресте дүниеге келсе, жыл басынан бері 1504 сәби өмір есігін ашқан. Аналардың басым көпшілігі қаназдық науқасымен ауырады. Тұрғындардың қатерлі ісікпен сырқаттану көрсеткіші де жоғары. Талғар ауданы мемлекеттік маңызы бар жол бойында орналасқан соң көлік апаты жиі орын алады. Облыс бойынша жол апатынан жарақаттанушылар саны бойынша 2-орында тұр.

Аудандық актив жиынында аудан әкімі Райхан Садықова өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен таныстырды. Сөз алған облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар мектептегі ұшауысымды оқу жүйесін болдырмау үшін жаңа оқу жылына дейін 5 жаңа мектептің пайдалануға берілетінін жеткізді. Сондай-ақ, ол жастар арасындағы жұмыссыздық пен қылмысты азайту керектігін айтты. Қатысушылар тарапынан «тарихи-өлкетану музейі ашылса екен» деген ұсыныс түсті.

Іссапар барысында басшылық заман талабына сай жабдықталып, тұрғындардың спортпен айналысуына жағдай жасап отырған "Triumpher" спорт комплексі, "Almaty Horse&Polo Club" ат-спорттық комплексі, "AIBA" әлемдік бокс академиясын аралап, қызметіне тәнті болды. Сондай-ақ, "Ақбұлақ" балалар лагері тек қыста ғана емес, жаз мезгілінде де оқушылар мен туристердің демалуына мүмкіндік ашып отыр.

Талғар ауданы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ



ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ЖАС ҰРПАҚ

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНДА ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ ОБЛЫС БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ҮЗДІК БЕЙНЕРОЛИКТЕР, СУРЕТТЕР ЖӘНЕ ИНСТАЛЛЯЦИЯЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТТІ.

Аталған шараға мыңнан аса оқушы мен студент қатысты. Үміткерлер 50-ден аса бейнеролик пен 200 сурет өткізген.

Ғимарат дәлізінде үздік суреттерден көрме ұйымдастырылды. Жиналғандар бейнеролик байқауының іріктеу кезеңінен өткен, үздік жұмыстарды тамашалады. Бес номинация бойынша іріктелген бейнероликтер көрсетілімінен кейін, мінберге департамент басшысы Серікбай Нұрғисаев шығып, «Үздік бейнеролик» және «Үздік сурет» номинациясының жеңімпаздарын жариялады. Талдықорған қаласындағы Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының студенті Югай Александр «Үздік бейнеролик» атауы бойынша жеңіске жетіп, 100 мың теңгеге ие болды. Ал «Үздік сурет» бас жүлдесін «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі Ангелина Витионова жеңіп алып, 50 мың теңгені иеленді.

Әрі қарай бейнероликтер санатындағы номинациялар бойынша марапаттаулар жалғасты. «Үздік сюжет» жеңімпаздары болып І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенттері Исмаил Ялкун және Амир Оратевтар анықталды. «Көрермен көзайымы» бейнехостингтің интернет пайдаланушылары анықтаған номинациясын Көксу ауданының Қ. Жалайыри орта мектебінің оқушылары қанжығаға байлады. Жеңімпаздарды Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев құттықтап, ақшалай сыйлық табыс етті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Дәурен Қаратай «Үздік актерлық ойын» және «Үздік монтаж» номинацияларының жеңімпаздарын жариялады. «Үздік актерлық ойынды» Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжінің студенті Әсел Ботаева көрсетсе, «Үздік монтаж» номинациясы бойынша Ескелді ауданының Ж. Жақыбаева орта мектебі оқушыларының жұмысы бағаланды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында суреттер байқауының жүлдегерлерін марапаттау үшін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Данияр Абдыбеков сахнаға көтерілді. Сурет байқауы бойынша екінші орынды иеленген Нинель Хрипунова мен үшінші орын алған Диас Жетпісбаевқа смартфон телефондар сыйлады.

Кеш соңы облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Әсем ЕСКЕНДІРОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің бас маманы.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК медициналық сақтандыру

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін енгізу – оны неге енгізу керек, ол қалай жұмыс істейді және ең бастысы, кімдердің және медициналық сақтандыру қорына қанша төлеуі керек деген сияқты сауалдарды туындатып отыр.

Статистикалық мәліметтер бойынша бүгінгі күні қазақстандықтар өз қалтасынан медициналық көмек алу үшін бүкіл денсаулық сақтау бюджетінің үштен бір бөлігінен артық қаражат жұмсайды. Азаматтардың төлем қабілетінің төмендеуі қажетті медициналық көмекке қолжетімділіктің шектелуіне әкелетіндіктен бұған мүлде жол беруге болмайды.

МӘМС жүйесін енгізілгеннен кейін қанша төлейміз? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына бірінші болып 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмыс берушілер жұмысшылардың еңбекақысынан 1% жарна көлемінде төлейді. 2020 жылға дейін олардың жарнасы біртіндеп 3%-ға дейін көбейтіледі. Өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етушілер, олардың ішінде жеке кәсіпкерлер мен келісімшарт бойынша жұмыс жасайтын азаматтардың жарналары 2 ЕТЖ-ның (ең төмен жалақы көлемі) 5%-ы құрайды және оданәрі де сол қалпында қалады. Белсенді емес тұрғындар немесе өнімсіз жұмысшылар, яғни уй шаруасындағы әйелдер, такси жүргізушілері, кішігірім қосалқы шаруашылық иелері, базардағы сатушылардың медициналық сақтандыру қорына төлемдері 2018 жылдан басталады және 1 ЕТЖ-ның тұрақты 5%-ын құрайды.

Мемлекет әлеуметтік қорғалмаған топтар үшін 2018 жылдан бастап елдегі орташа еңбекақының 3,75% көлемінде жарна төлейді және ол 2022 жылға қарай 4-5%-ға жеткізіледі. МӘМС аясында жарна төлемейтін әлеуметтік топтар тізімі өте кең. Олардың қатарына зейнеткерлер, мүгедектер, балалар, студенттер, көпбалалы аналар және ана болуына байланысты демалыстағы әйелдер және сол сияқтылары қоса алғанда 14 санат бойынша 10 миллионнан аса отандасымыз жатады.

Жалдамалы жұмысшылар 2019 жылдан бастап ай сайынғы еңбекақысының 1% көлемінде жарна төлейді және бұл төлем 2020 жылға қарай 2%-ға ұлғаяды. Осы төленетін қаражат МӘМС шеңберінде кездесген көлемі аса үлкен медициналық көмек пакеті үшін аз ба, әлде, көп пе оны өздеріңіз есептеп көріңіздер. Аталған пакетке дәрігердің қабылдауы, түрлі зерттеулер жасау, стационарлық емделу, дәрімен қамтамасыз ету сияқты емхана қызметі енгізілген. Тағы бір баса атап өтетін жай, сақтандыру пакетіне көптеген азаматтардың қалтасы көтере бермейтін қымбат ота жасату енгізілген, мұндай жағдайда сақтандырылған азаматтар үшін барлық шығынды медициналық сақтандыру қоры өз міндетіне алады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының актуарлық есептеуі бойынша, орташа еңбекақының көлеміне қарай болжам жасалып, төлеушілердің әрбір санаты бойынша орташа шамаланған жарналар есептелген.

Мысалы, жеке кәсіпкерлердің ай сайынғы жарнасы 2 800 теңгені құрайды, белсенді емес немесе өнімсіз жұмысшылардың төлемі одан да аз – айына 1 414 теңге болса, жұмыс беруші бір жұмысшыға сақтамамен 2 280 теңгені төлейді. Ал жұмысшылардың өздері төлейтін жарналар 2020 жылы 3 300 теңгені құрайды.

Ал мемлекет тарапынан не жасалады? Әлеуметтік тұрғыда қорғалмаған тұрғындар санатындағылардың әрқайсысына бюджет есебінен 65 070 теңге жарна төленеді. Осылайша, 2019 жылы медицинаға жұмсалатын қаржының 80%-ы мемлекет тарапынан өтеледі.

Салыстыратын болсақ, бүгінгі күні коммерциялық клиникалардағы маманның бастапқы қабылдауы 3 500-5 000 теңге. Яғни, жалдамалы жұмысшы үшін сақтандырудың жылдық төлемі жекеменшік дәрігерге екі рет қаралуын бірдей.

Медициналық сақтандыру ол біріншіден, медициналық қызмет алуға тұрғындардың шамасы келмейтін шығындардан қаржылық тұрғыда қорғалуының кепілі, медициналық көмек сапасының жоғары болуына, қаржылық тұрақтылық және жүйенің тиімділігіне ықпал етсе, бұлар өз кезегінде тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігіне оң әсер етеді. Жүйенің базалық принципі – денсаулық сақтауды қаржыландыруда, мемлекеттік, жұмыс берушінің және адамның жауапкершілігімен қатар, табыс көлеміне қарамастан, медициналық қызмет алу бірыңғай пакетіне барлық сақтандырылғандардың тең қолжетімділігі болып табылады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 26-бабындағы 2-тармағына сәйкес Алматы облыстық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатын сайлау бойынша таңдаушылардың тізімін жариялайды

Алматы облысы бойынша
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатын сайлау жөніндегі
ТАҢДАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

р/б №	Таңдаушының тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Таңдаушының тұрғылықты жерінің мекенжайы
1	2	3	4
	1. Алматы облыстық мәслихаты		
1	Айдарбеков Ерік Серікұлы	1968	Еңбекшіқазақ ауданы, Саймасай а., Колхозная к-сі, 103-үй
2	Айтжанов Аян	1947	Қарасай ауданы, Жоғарғы Қаменка а., Дрозд к-сі, 26 -үй
3	Алпысбаев Ұлан Демегенұлы	1956	Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 121 -үй
4	Артемов Борис Борисович	1955	Іле ауданы, Отеген батыр кенті, Спортивная к-сі, 2/24 -үй
5	Аубакиров Мұрат Аманелдіұлы	1965	Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Түркебаев к-сі, 37 в -үй
6	Әлишев Сәлімбай Әліпбайұлы	1959	Алматы қ., Бағанашыл к-сі, 5 -үй
7	Байтаев Базархан Измуханұлы	1961	Қаратал ауданы, Бастөбе, Гастелло к-сі, 50 -үй
8	Бектұрсынов Бүгізбек	1948	Талдықорған қ., Қаратал ш/а., 43а -үй, 4 –пәтер
9	Богданова Ольга Имантовна	1966	Талдықорған қ., Қойшыбеков к-сі, 23 -үй
10	Ботабеков Тоқан Көкенұлы	1955	Іле ауданы, М.Түймебаева а., Тәуелсіздік к-сі, 209 -үй
11	Бірбаев Бекболат Ибраһимұлы	1953	Райымбек ауданы, Нарынқол а., Ұзақ к-сі, 28 -үй
12	Жарықбасов Едіге Солтанбайұлы	1959	Еңбекшіқазақ ауданы,Бәйдібек би а., Рысқұлов к-сі, 1/2 -үй
13	Донбаев Серік Далібайұлы	1959	Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл к-сі, 39 -үй
14	Донсебаев Қалмұхамет Жағыпарұлы	1957	Талдықорған қ., Ескелді би к-сі, 272 –үй
15	Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлы	1959	Талдықорған қ., Өтеғали ауылы, Жасұлан к-сі, 60
16	Естібеков Талғат Нұрмолдаұлы	1973	Жамбыл ауданы, Бөлтымақ а., Сұлыбеков к-сі, 25 –үй
17	Жоргенбаев Жанболат Әкебайұлы	1960	Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Южный ы/а., Көктөбе к-сі, 19 –үй
18	Ибраймова Рахат Ингметбекқызы	1968	Ақсу ауданы, Жансүгіров а., Желтоқсан к-сі, 25 -үй, 5 –пәтер
19	Исаков Марат Алтынбекұлы	1988	Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер а., Артема Гайкович к-сі, 8 –үй
20	Касанов Усенш Исмаханович	1961	Алматы қ., Самал-3 ы/а., 12 – үй, 25 –пәтер
21	Қасенова Динара Есенқайыпқызы	1981	Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер а., Тастанбекова к-сі, 51 –үй
22	Келемесент Ермек Әбілмәжінұлы	1952	Талдықорған қ., Қаратал ы/а., 10 -үй, 12 - пәтер
23	Қожабеков Қанат	1953	Алакөл ауданы, Қабанбай а., Горбатов к-сі, 113 –үй
24	Котерова Ольга Васильевна	1960	Талғар ауданы, Талғар қ., Ломоносов к-сі, 62 –үй
25	Кузиев Закиржан Пирмухамедұлы	1969	Алматы қ., Жансүгіров к-сі, 445 а -үй
26	Құдаяхметова Жамал Ағабөдолдықызы	1957	Сарқан ауданы, Алмалы а., Абай к-сі,16
27	Қыдырманов Әсет Серікқалиұлы	1981	Ескелді ауданы, Қарабұлақ а., Жамбыл к-сі, 25 -үй
28	Мәлтекбасов Марат Жабықбайұлы	1958	Талдықорған қ., Островский к-сі, 6 –үй
29	Молдақасымова Дөлдеркүл Өмірқалықызы	1960	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш а., Бәйдібек би к-сі, 124 –үй
30	Мұқанов Серік Мейірханұлы	1953	Талдықорған қ., Қаратал ы/а., 45 -үй, 6 - пәтер
31	Нұрбаев Данияр Молдинәрұлы	1974	Талғар ауданы, Тұздыбастау а.,Қанай к-сі, 1 -үй
32	Нурланов Дүйсенбек	1954	Балқаш ауданы, Бақанас а., Байшиков к-сі, 10 а -үй
33	Нүсіпов Қанатхан	1952	Алакөл ауданы, Үшарал қ., Панфилов к-сі, 57 –үй
34	Осан Жанкелді Қошымбайұлы	1962	Еңбекшіқазақ ауданы, Жаңашаруа а., Шадай батыра к-сі, 7 –үй
35	Сәрпеков Төлеу Құмарбекұлы	1960	Панфилов ауданы, Жаркент қ., Уәлиханов к-сі, 12 –үй
36	Сарыбаев Галиаскар Төлендіұлы	1963	Талдықорған қ., Тәуелсіздік көшесі, 101 үй, 24 пәтер
37	Сүлейменов Аскар Фазылұлы	1960	Талғар ауданы, Панфилов а., Бокин к-сі, 32 –үй
38	Сұлтанғазиев Қуат Елеуұлы	1975	Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек а., Тайров к-сі, 81 –үй
39	Телжекбаева Жанна Тлеубекқызы	1972	Іле ауданы, Отеген батыр к., Батталханов к-сі, 7 -үй, 24 -пәтер
40	Умбетов Мұхит Әбікенұлы	1960	Алматы қ., Тауғұл-1 ы/а., 82/69 үй
41	Ушкемпиров Жақсылық	1951	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш а., Қарасай батыр к-сі, 33 –үй, 3-пәтер
42	Хильниченко Виктор Петрович	1951	Ескелді ауданы, Қарабұлақ а., Қыдырбаев к-сі, 5 –үй
43	Шеңгелбаев Секенбай Сейітжанұлы	1961	Көксу ауданы, Жарлыөзек а., Жаңасарбаев к-сі, 29
44	Юнусов Өтегали Әбуталиұлы	1963	Қапшағай қ., Қойшымаков к-сі, 6 -үй, 32 - пәтер
	2. Ақсу аудандық мәслихаты		
1	Бармақов Сәбит Әбікенұлы	1956	Қапал а., А.Иманов к-сі,. 56 –үй
2	Баулыбаев Тарғын	1955	Жансүгіров а., Толғанбай ақын к-сі,8/1 -үй
3	Дәулетбекова Күлайхан Тұрсынбекқызы	1963	Жансүгіров а., Кеңжебаев к-сі, 151-үй
4	Досмұхамбетов Асхат Сейдіпұлы	1962	Жансүгіров а., Қалиханов к-сі, 63 -үй
5	Естібаев Марат Дәулетұлы	1990	Қызылағаш а., Абай к-сі, 6 -үй
6	Жұсыпшов Талғат Жұмашұлы	1964	Алтынарық а., Үрмұрзин к-сі, 1 -үй
7	Құлшанов Балташ	1963	Жансүгіров а., Р.Рахымбекова к-сі, 15 -үй
8	Мұсабаланов Габит Ахметқожаұлы	1958	Жансүгіров а., Сәтбаев к-сі, 101 -үй
9	Самбетов Елдар Ермолдаұлы	1983	Матай ст., Оңғарбаев к-сі, 17/2 -үй
10	Сейсебаев Ғалымбек Құдайбергенұлы	1957	Арасан а., Қызылжар бөлімшесі
11	Сексенбаева Раушан Қадырханқызы	1962	Сүмсық а., Омаров к-сі, 14 -үй
12	Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлы	1962	Алтынарық а., Қ.Тербаев к-сі, 7 -үй
13	Тыныштаев Берік Тыныштайұлы	1974	Жансүгіров а., Бұхарбаев к-сі, 27 -үй
	3. Алакөл аудандық мәслихаты		
1	Абдрахманов Қайыржан Кәрімұлы	1957	Қабанбай а., Мұратбаев к-сі,5-үй
2	Абдрахманов Елжан Кәрімұлы	1966	Үшарал қ., Жеңіс к-сі, 256-үй
3	Ахметов Умирбек Шабданбекұлы	1964	Қабанбай а., Шевченко к-сі, 56-үй
4	Бабичев Алексей Яковлевич	1953	Тоқжайлау а., Центральная к-сі, 555-үй
5	Жабжанов Сапхат Рымжанұлы	1959	Үшарал қ., Жеңіс к-сі,11-үй
6	Жұсыпшобаев Ерік Әсербайұлы	1960	Үшарал қ., Тошенко к-сі,56-үй
7	Игнатченко Валерий Вячеславович	1962	Үшарал қ., Исмайлов к-сі,51-үй
8	Қайранбеков Қайржан Бақытұлы	1973	Достық а., Ж.Жабаев к-сі,18/4-үй
9	Қарабеков Совет Жұмашұлы	1962	Үшарал қ., Б.Момышұлы к-сі, 201-үй
10	Қасымжанова Алмагүл	1966	Көктұма а., Б.Момышұлы к-сі,32-үй
11	Қатыкбаев Қайрат Әділханұлы	1967	Балқты а., Қатыкбаев к-сі,12-үй
12	Қойшыманов Өмірсерік Төлегенұлы	1961	Үшарал қ., Панфилов к-сі,60-үй
13	Көкебаев Қайрат Торебайұлы	1963	Үшарал қ., Панфилова к-сі,51-үй
14	Оралтаев Нұрлан Сәбитұлы	1958	Қабанбай а., Абылайхан к-сі,11-үй
15	Сламов Аскат Сламұлы	1974	Үшарал қ., Өтібаев к-сі,66-үй
	4. Балқаш аудандық мәслихаты		
1	Әлішбаев Айдар Кенесбекұлы	1959	Бақанас а., Ахметов к-сі,15/1-үй
2	Абдукулов Ғалымбек Сәрсембекұлы	1964	Бақбақты а., Рысқұлов к-сі, 36-үй
3	Аймаков Айдар Жанатұлы	1975	Бірлік а., Борібаев к-сі, 16-үй
4	Исабаев Өмірәлі Қыдырәліұлы	1959	Бақанас а., Рысқұлов к-сі,147-үй
5	Қожыбаев Нүркен Исатайұлы	1967	Ақдала а., Маметов к-сі, 17-үй
6	Қосаев Мақсат Әбдәметұлы	1970	Бақанас а., Ахметов к-сі,13/1-үй
7	Нұрман Мақсат Маратұлы	1990	Бақанас а., Бижанов к-сі,80-үй
8	Нұрханов Ақшабай Сүйеубайұлы	1964	Бақанас а., Өтібаев к-сі,26-үй
9	Омаров Қалірбек Тыныбаланұлы	1961	Бақанас а., Өтібаев к-сі,17-үй
10	Өтелбаев Бақдәулет Әскербайұлы	1967	Балатопар а., Топар к-сі, 31-үй
11	Хамзина Бибігүл Мұхамбиқызы	1964	Қарой а., Досболов к-сі, 4-үй
	5. Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты		
1	Ахметов Бекет Төлегенұлы	1961	Есік к., Западная к-сі, 1/4-үй
2	Байтоғжаев Қуат Сұлтанұлы	1962	Есік к., Вавилова к-сі, 73-үй
3	Вальков Виталий Викторович	1976	Түрген а., Масягина к-сі, 1-үй
4	Даулетқұлов Айдарбек Ақанбекұлы	1974	Бижанов а., Назарянца к-сі, 22-үй
5	Демесинов Мақсат Амангелдіұлы	1977	Түрген орманшылығы
6	Джакыпбаев Еркін Қанетұлы	1958	Қайынды а., Қайынов к-сі, 99-үй
7	Егинбаева Гүлсара Қалиқызы	1960	Есік к., Полевая к-сі, 27-үй
8	Жаманбаев Ербол Қалыұлы	1959	Құлжа а., Восточная к-сі, 2а-үй
9	Жұмағожа Қайнар Жұмағожаұлы	1990	Есік к., Яблочная к-сі,30 үй
10	Жалқыбаков Жақсылық Тлеуұлы	1973	Бәйдібек би а., Садыкова к-сі, 1а-үй
11	Ілебаев Айбек Қасымханұлы	1992	Масақа., Әуезов к-сі, 22-үй
12	Исаев Лема	1959	Аманғелді а., Якупова к-сі, 69а-үй
13	Искаков Марупжан Масимжанович	1964	Шелек а., Таиров к-сі, 222-үй
14	Крылов Виталий Любомирович	1975	Алаш а., Абай к-сі, 3-үй
15	Құраметова Гүлнәр Сәлімбекқызы	1964	Есік к., Правда к-сі, 139-үй
16	Қырғызбаев Сейітхан Есенбайұлы	1956	Есік к., Кешубаева к-сі, 44-үй
17	Мұхтарова Гүлмира Раилқызы	1962	Есік к., Береке к-сі,153-үй
18	Мықыбаев Жұман Сембайұлы	1959	Есік к., бақ қоғамдастығы «Романшқан», 260-үй
19	Надыров Надо Алғашович	1961	Ақбастау а., Центральная к-сі, 14-үй
20	Нүрбеков Болатжан Саймасайұлы	1972	Ұятараков а., Абай к-сі, 5-үй
21	Рустамбеков Айдар Омарханұлы	1961	Космос а., Молодежная к-сі, 37-үй
22	Сайдуллаев Абликим Садыкович	1959	Қызылшарық а., Рысқұлбеков к-сі, 10/1-үй
23	Тіккелдиев Бекен Игібайұлы	1961	Акши а., Наурызбай батыр к-сі, 3-үй
	6. Ескелді аудандық мәслихаты		
1	Алпысбаев Қуат Майнұрұлы	1956	Қарабұлақ к., Б.Момышұлы к-сі, 12/1-үй
2	Бозов Шынарбек Қасымұлы	1970	Ақын Сара а., Ш.Айманова к-сі, 55-үй
3	Досанов Қосан Сыдықұлы	1956	Көкжазық а., Ә. Қашаубаев к-сі, 72-үй
4	Жапабаев Бағлан Балғынбайұлы	1975	Қарабұлақ к., Әуезов к-сі, 6/8-үй
5	Ибраева Роза Мухаметчековна	1960	Талдықорған қ, 6 ш/а, 31-үй, 36-пәтер
6	Ырысов Дәулет Садырұлы	1972	Қарабұлақ к., Панфилов к-сі, 120/29-үй
7	Қарасаев Мәлік Әбілмажинұлы	1961	Талдықорған қ., Зш/а, 35-үй, 65 пәтер
8	Кенесов Әлішер Берікұлы	1992	Алладабергенов а., Ысқанбаева к-сі,64
9	Нам Герман Николаевич	1964	Қарабұлақ к., Конеєбаева к-сі,50-үй
10	Сарыев Серік Маманұлы	1958	Бақтыбай а., Жансүгіров к-сі, 28-үй
11	Сыбанбаева Баян Темірбайқызы	1964	Сырымбет а., Жастар к-сі, 12-үй
12	Тайжанов Әбен Бейсекұлы	1957	Екпінді а., Ескелді би к-сі, 24-үй
13	Тастанбаев Қалабек	1948	Қарабұлақ к., Капсаматова к-сі, 45а-үй
	7. Жамбыл аудандық мәслихаты		
1	Абаев Әскербек Көкеұлы	1943	Ұзынағаш а., Макатаев к-сі, 232-үй
2	Ахметжанов Нұрлан Ұлатайұлы	1961	Бөлтымақ а., Абай к-сі, 19-үй
3	Ахшалова Салтанат Ержігітқызы	1978	Бөлтымақ а., Ахметжанова к-сі, 3-үй
4	Әлімқұлова Сәуле Кенескызы	1967	Самсы а., Сұрсобергенова к-сі, 75-үй
5	Батырбаев Тұрар Болатханұлы	1991	Сарыбастау а., Далабаева к-сі, 33-үй
6	Бигельдиева Балкия Сәдуақасқызы	1958	Қаракыстак а., Өтеген батыр к-сі, 112-үй
7	Гриценко Виталий Николаевич	1966	Қаратал а., Құлантөбе к-сі, 61-үй
8	Жұрын Саят Мұхамедқалиұлы	1971	Бөлтымақ а., Сұлыбекова к-сі, 5-үй
9	Керімбаев Кенескүл Нұрғазыұлы	1954	Сарыбай би а., Сарыбай би к-сі, 2-үй
10	Қалыбаев Мұрат Данияұлы	1975	Ақдала а., Абай к-сі, 13-үй
11	Нұрманов Сатыбалды Әбдікалықұлы	1962	Сұрғанды батыр а., Архабай к-сі, 44-үй
12	Мустахметов Бақытжан Мұхамедұлы	1959	Қаратал а., Уәлиханов к-сі, 6-үй
13	Талдыбаев Сәбит Әділбекұлы	1963	Мынбаев а., Қонаев к-сі, 2-үй
14	Тортаев Орымбасар Сатымбекұлы	1977	Мынбаев а., Рысқұлов к-сі, 17-үй
15	Чажабаев Жұмабек Тоқаұлы	1954	Ұзынағаш а., Бекболат к-сі, 30-үй
16	Шайкиспов Темірлан	1960	Актерек а., Таутеке к-сі,11-үй
17	Шейкин Юрий Алексеевич	1959	Үлкен а., 30-үй
	8. Іле аудандық мәслихаты		
1	Абилова Роза Михаил қызы	1963	Отеген батыр к., Спортивная к-сі, 2/12-үй
2	Батыр Василий Владимирович	1973	Отеген батыр к., Гагарин к-сі, 5/86-үй
3	Бейсембаев

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

БРИФИНГ

ОБЛЫСТА РҰҚСАТСЫЗ САЛЫНҒАН ҮЙ ҚҰЖАТЫН ТІРКЕУ ҚҰНЫ ҮЙ САЛУҒА КЕТЕТІН ШЫҒЫННАН ҚЫМБАТ. БҮГІНДЕ ОБЛЫСТАҒЫ 13 МЫҢҒА ЖУЫҚ ОТБАСЫ САЛЫП БІТКЕН ҮЙЛЕРІН ТІРКЕТЕ АЛМАЙ СОТТЫ ЖАҒАЛАП ЖҮР. ҚАЗІРГІ ТАҢДА РҰҚСАТСЫЗ САЛЫНҒАН ҚҰРЫЛЫСТАР СОТ САЛАСЫН ӘБІГЕРГЕ САЛЫП ҚОЙДЫ.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС қымбатқа түседі

Қажет АНДАС

Осы тұрғыда облыстық сотта 2015 жылы 2651, 2016 жылы 1622 талап-арыз қаралса, биылғы 5 айда 354 талап-арыздың 228-і қаралып, қанағаттандырылған. Әсіресе, Алматы қаласына іргелес орналасқан Іле, Қарасай, Талғар аудандарының тұрғындары үшін бұл бас ауыртып, балтыр сыздататын жағдай. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында облыстық соттың судьясы Арыстанбек Стыбаев айтты.

Бұл келеңсіздік 2015 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, өткен жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген «Сәулет-қалақұрылысы туралы» Заңның жетілмеген баптарынан туындап отыр. Айталық, «Сәулет-қалақұрылысы туралы» Заңның 74-бабының 1-тармағында: «Меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылыс салушы) құрылысы аяқталған, техникалық жағынан күрделі емес нысандарды өз бетінше қабылдауды жүзеге асырады», – деп жазылса, мұндай жеңілдік осы баптың 3-ші тармағында: «осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, сейсмикалық қауіптілігі жоғары не өзге де геологиялық (гидрогеологиялық) немесе геотехникалық жағдайлары ерекше аудандарда, сондай-ақ ерекше реттелетін аймақтарда орналастырылатын (орналастырылған) нысандарға қолданылмайды», – деп көрсетілген.

Алматы облысы сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймаққа жататындықтан үйді тіркеу жұмысын арнайы комиссия қабылдайды. Заң талабы бойынша жетісулықтар үй салу үшін алдымен болашақ нысанның жобасын сыздыруы, экспертизадан, санитарлық, авторлық, экологиялық, сейсмикалық сараптаудан өткізу керек. Оның қорытындысын мемлекеттік және жекеменшік мекеме мамандарынан құралған комиссия береді. Жоғарыдағы аталған құжаттар дайын болғаннан кейін үйді қандай материалдан тұрғызу, сейсмикалық өңірде үй сала алатын құрылыс компаниясымен бірлесе құрылыс жұмысын жүргізу керектігін де комиссия қадағалап отырады.

Әр деңгейдегі әкімшілік сол өңірде тіркеуде тұрған, жер, үй кезегінде бар азаматтарға екі жылдық уақытша тіркеу жолымен жер телімін береді. Демек, жерге ие болғандар екі жылда тиесілі жеріне өз мақсаты бойынша құрылыс жұмысын жүргізіп, тәртіп бойынша тіркеп, ұзақмерзімді меншіктеу құқығына қол жеткізу керек. Жерлестеріміз екі жылда нысанды тұрғызып үлгермейді. Жеке тұлға жерді белгіленген екі жыл шегінде өз мақсатында пайдалана алмағандықтан Жер кодексіндегі белгілемелер бойынша жерді меншіктеу құқығы күшін жояды. Уақытша тіркеу уақытын екі жылдан ары ұзартуға жергілікті үкіметтің құзыреті жетпейді. Сонымен жеке тұлға сотқа жүгінеді.

Брифинг барысында облыстық сот пен прокуратура Парламентке арнайы сауал дайындап жатқаны туралы да айтылды.

Фұр Отан



БЕЛГІЛЕНГЕН мерзімде бітеді

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, САЯСИ КЕҢЕСТІҢ МҮШЕСІ ГҮЛНАР ТОЙЛЫБАЕВА, САЯСИ ЖҰМЫС БӨЛІМІНІҢ МЕҢГЕРУШІСІ ЛӘЙЛӘ САҒЫНҒАЛИҚЫЗЫ, «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ҚАРАСАЙ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ БЕЙБІТ ТӨЛЕГЕН ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТЫ АТЛАНА ИСАЕВА БАСТАҒАН ТОП ҚАРАСАЙ АУДАНЫ, ЖАМБЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ «ЖАҢАҚҰРЫЛЫС» ЫҚШАМАУДАНЫНДА САЛЫНЫП ЖАТҚАН МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Жамбыл ауылдық округінде 12 мың адам тұрады. Жыл сайын тұрғындар санының артуына байланысты балаларды мектеппен қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналуда. Қазіргі күні Жамбыл ауылындағы 600 орынды мектепте 1600 бала үш ауысымда білім алуда. Оның ішінде 600 оқушы өзге ауылдар мен саяжайлардан келеді. Сондықтан «Нұрлы Жол» бағдарламасына сәйкес жаңадан салынып жатқан 600 орынды мектеп жалпы жұртшылықтың қуанышына айналып отыр, – деді ауыл әкімі Бекзат Мыржиев қонақтарды ел жайымен таныстырып.

Тексеру тобының мүшелері ішкі-сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізіліп жатқан аумағы аттшаптырым әсем ғимараттың ішін аралай жүріп, өздерін толғандырған сауалдарға жауап алды. Олар бірінші кезекте құрылыстың қаржымен қамтамасыз етілуін, оның орынды жұмсалуын, құрылыс жұмыстарының жоспарға сәйкес жүргізілуі мен «Қазақстандық мазмұн» бағдарламасына орай отандық материалдармен жасалынып, жабдықталуын жанжақты сұрап білді. Мектепті салып жатқан «Құрылысшы ТБС» компаниясының директоры Батырхан Тоқтаев кездескен кедергілерге қарамастан ғимараттың белгіленген мерзімде, яғни 25 тамызда пайдалануға берілетінін жеткізді.

– Құрылыс жұмыстары сәл кешіктіріліп, өткен жылдың қыркүйек айында басталды. Бірақ біз бүгіндері қауырт қимылдай отырып, белгіленген кестеге сәйкес жұмыс атқарудамыз. Қазірдің өзінде мұнда жұмыстың 70 пайызы жасалынды. Құрылыста 182 адам екі ауысымда жұмыс істеуде. Үлкен еңбек ұжымының әрбір мүшесі өздеріне жүктелген міндетті сезіне отырып, қызметін сапалы атқарып келеді. Ендеше, қанша қысылтаяң болғанымен мектепті жаңа оқу жылы басталғанға дейін бітіреміз, – деді Батырхан Сыдықұлы.

Айтса айтқандай, бүгіндері мектеп құрылысына бөлінген 1 млрд. 737 млн. теңгенің 610 млн. теңгесін игеру ғана қалған. Ғимараттың ішкі-сыртқы әрлеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Сонымен қатар, 2,5 шақырымнан электр желісі, 1,5 шақырым жерден газ құбыры тартылып, қосуға дайындалып қойылған. 280 метр тереңдіктен ұңғыма арқылы таза су шығарылып, өртке қарсы су сақтайтын резервуар да пайдалануға дайын тұр.

Осы және өзге де жұмыстармен таныса келіп комиссия мүшелері «Кедергісіз келешек» бағдарламасына сәйкес мүгедек жандардың жүріп-тұруына арналған арнайы құрылғылардың толық назарға алынбағанын ескертті. Атап айтқанда, ғимаратқа кіретін пандустар бар болғанымен олардың төбесіндегі шатыры, мүгедектер арбасы сияқтын дәретхана ойластырылмаған болып шықты. Құрылыс басшылары ресми рұқсат беріліп, қаржы қарастырылған жағдайда аталған мәселелердің тез шешімін табатынын айтты. Орындалуы оңай осындай олқылықтар болмаса, құрылысшылардың жұмысы қарқынды екенін көрген қонақтар риза көңілмен сәттілік тілеп аттанды.

Қарасай ауданы.



ЭКСПО-ға жол тартқан оқушыларды шығарып салу сәті.

ЭКСПО-ны қызықтайды

«ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесі ел тарихындағы елеулі оқиға. Сондықтан оны көргісі келетіндердің қатары күн санап артып келеді. Осыған орай Еңбекшіқазақ ауданынан оқушылардың алғашқы легі сәрсенбінің сәтінде Астанаға жол тартты. Ауданның әр аумағынан жиналған 200-ге жуық мектеп оқушысын аудандық білім басқармасының өкілдері Есік қаласынан шығарып салды.

Болат МӘЖИТ

Оқушылардың жазғы демалысты қызықты әрі мазмұнды өткізгеніне не жетсін?! Аудандағы 605 оқушыға «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне билет алынып, олардың барып-келуі облыстық бюджет есебінен қамтамасыз етілетін болды. Оқушылар тобы төрт кезеңге бөлініп, үш айдың ішінде кезек-кезек сапарға шықпақшы. Әр 20 оқушыға бір жетекші тағайындалды.

Көрмеге барушылардың қуанышында шек жоқ. Себебі, бұл олардың Астана қаласына бірінші сапары. Балалар осы жолы көрме павильондарын асықпай аралап, ондағы жаңалықтармен жақыннан танысады. Әсіресе, отандық жетістіктерге ерекше назар салынатыны белгілі.

Көрмеде өздері секілді оқушылардың да ойлап тапқан жаңалықтарының тұруы мүмкін ғой. Оны көрген оқушылар мол әсерге бөленетіні анық. Күні ертең өз араларынан талантты өнертапқыштардың шықпасына кім кепіл. Қалай айтсақ та, бұл шараның балаларға беретін игілігі көп.

Еңбекшіқазақ ауданы.

ЕРТЕҢ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

1992 жылғы 23 маусымда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заң қабылдады. Бұл Қазақстан полициясының қызметі мен міндетін анықтайтын алғашқы құқықтық акт болатын. 2007 жылы 5 маусым күні Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жарлығымен 23 маусымды Полиция күні деп бекітті.

Кәсіби мерекені Алматы облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/16 мекемесі жоғары деңгейде атап өтеді. Қазақстан полициясының 25 жылдық мерейтойына орай жас қызметкерлердің шеберлігін шындау мақсатында көптеген игі істер атқарылды. Ардагерлеріміз жиі-жиі ақыл-кеңестерімен бөлісіп отырады. Әртүрлі жаттығу сабақтары да жұмыс бабында үлкен септігін тигізеді.

Біздің қызметімізге үлкен жауапкершілік артылған. Тәртіп сақшылары ел тыныштығын күні-түні күзетіп, қоғамдық тәртіпті қадағалайды. Төнген қауіпті ауыздықтауда жан қиюға дейін барады. Еңбегіміз елеусіз қалмай, халықтың көңілінен шығып жатамыз. Айтқан алғыстары жігерімізді шыңдап, жұмысқа деген сүйіспеншілігімізді арттырады.

Қазіргі таңда елдің артқан сенімін ақтау үшін аянбай еңбек етіп келеміз. Тұрғындардың тыныш ұйықтауын қадағалап жүрген әріптестерімізге деген құрметім шексіз. Баршамызға мереке құтты болсын!

Б. ТОЙШИБЕКОВ,
ЛА-155/16 мекемесінің
ТИБКК әділет майоры.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!

МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ: ҚАНША ТӨЛЕЙМІЗ ЖӘНЕ ОДАН НЕ АЛАМЫЗ?

Қазақстанда Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу (МӘМС) көптеген сұрақтарды көлденең тартты. Біріншіден, оның қаржылық құраушысы: тұрғындар қанша төлейді және сол ақшаға қандай қызмет көрсетіледі? Ең бастысы, жекеменшік клиникалардағы онсыз да арзан емес медициналық қызметтерден артық төлеп жүрмейміз бе?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына бірінші болып 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмысшылардың еңбекақысынан 1% құрайтын жарнаны жұмыс берушілер төлейді. 2020 жылға дейін олардың жарнасы 3%-ға дейін көбейтіледі. Өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуші азаматтар, олардың ішінде жеке кәсіпкерлер және келісімшарт бойынша жұмыс істейтін азаматтардың жарналары 2 ЕТЖ-дан (ең төмен жалақы көлемі) 5%-ы немесе айына 2 884 теңгені құрайды және одан әрі қарай өспейді. Белсенді емес тұрғындар немесе өнімсіз жұмысшылар санатына жататын үй шаруасындағы әйелдер, такси жүргізушілері, кішігірім қосалқы шаруашылық иелері, базардағы сатушылардың медициналық сақтандыру қорына төлемдері 2018 жылдан 1 ЕТЖ-ны 5%-ын немесе айына 1 414 теңгені құрайды және осы мөлшер тұрақты болып қалады.

Мемлекет әлеуметтік қорғалмаған топтар үшін 2018 жылдан бастап елдегі орташа еңбекақы мөлшерінің 3,75% көлемінде бастапқы жарна төлейді. МӘМС шеңберінде жарна төлемейтін әлеуметтік топтар тізімі өте кең: оларға зейнеткерлер, мүгедектер, балалар, студенттер, көп балалы аналар және ана болуына байланысты демалыстағы әйелдерді қоса алғанда 14 санат бойынша 10 миллионнан аса отандасымыз енеді. Жалдамалы жұмысшылар 2019 жылдан бастап ай сайынғы еңбекақыдан 1% көлемінде жарна төлейді және бұл мөлшер 2020 жылға қарай 2%-ға ұлғаяды.

Осы төлемдер үшін қандай қызмет көрсетіледі?

МӘМС сақтандыру пакетіне мемлекетпен кепілдендірілген медициналық көмек пакетінен басқа медициналық қызметтердің үлкен тізімі енгізілген. Олар: емханаларда қызмет көрсету, дәрігердің қабылдауы, түрлі зерттеулер, рецептік дәрілер, стационарда емделу. Одан басқа, сақтандырылған азамат екі себепке байланысты – мемлекет тарапынан жасалатын оталарға үлкен кезектің болуына немесе өз қалтасынан жасату өте қымбат болуына байланысты қолжетімділігі төмен болып саналатын түрлі оталар жасатуға, соның ішінде қымбат тұратын оталар істетуге құқылы.

МӘМС енгізудің ең басты тиімділігі – бәсекелестікке байланысты медициналық қызмет сапасын жоғарылатудың мүмкіндігі. Қарап тұрсақ, бәрі де түсінікті. Адамдардың сұранысына лайықты, білікті дәрігерлері бар, клиентке сапалы қызмет көрсететін клиниканың табысы да жоғары болады. Кейбір медициналық ұйымдардағы асқақтап тұрған бағаларға тұрғындардың артық шығындарын банбауына мүмкіндік береді. Барлық шығындарды ауруханамен келісімшартқа отырған медициналық сақтандыру қоры өз міндетіне алады. Қор қаржының барынша тиімді және дұрыс жұмсалуына мүдделі болғандықтан қызметтің сапасына және толықтай көрсетілуіне бақылау жасауды өз міндетіне алады.

Әлем тынысы

ЕКІ ЕЛДІҢ ДОСТАСТЫҒЫ



Қырғызстан мен Ресейдің Қаржы министрлері Адылбек Касымалиев пен Антон Силуанов Қырғызстанның РФ алдындағы 240 млн. АҚШ долларын құрайтын қарызын кешіру туралы хаттамаға қол қойды.

Қол қою рәсімі Мәскеуде Қырғызстан президенті Алмазбек Атамбаевтың Ресей Федерациясына жасаған мемлекеттік сапары аясында жүргізілді. Қырғызстанның Қаржы министрі журналистерге 2012 жылдан бері Қырғызстанның Ресей алдындағы қарызы 488 млн. долларды құрағандығын айтып берді. «2013 жылы 188,9 млн. доллар қарыз кешірілді. Алайда, 300 млн. доллар қарызды бөліп өтеуге келісілді. 2016-2017 жылдары 60 млн. доллар есептен шығарылды. Енді, бізде 240 млн. доллар қалып тұр еді және бұл сома бүгін қарыздық есептен шығарылды», – деді министр.

КИНОҒА ТҮСПЕЙДІ



«Оскар» сыйлығының үш мәрте иегері енді киноға түспейді.

Британдық актер өзінің өнердегі мансабын аяқтауға шешім қабылдады. Дэниел Дэй-Льюис – тарихта ең үздік ер адам рөлі үшін «Оскар» сыйлығын үш рет (1990, 2008 және 2013 жылдары) алған жалғыз актер. Оның өкілі мынадай хабарлама жасаған: «Енді сіздердің сүйікті актеріңіз Дэй-Льюис актер ретінде жұмыс істемейді. Қолдау білдіріп келген әріптестері мен көрермендеріне шексіз алғыс айтады». Алайда атақты кино жұлдызы не үшін өнердегі мансабын аяқтап отырғандығын ашып айтпады.

МЫСЫҚТАР ҮЙІ САТЫЛАДЫ



Аризона штатындағы Стэнфордта мысықтарға арналған үйді сатылымға қойды.

Бір қызығы, бұл үйдегі мысықтардың саны өте көп. Үйдің жалпы аумағы 2500 текше фут (232,36 текше метр). Онда қонақүй, жұмыс кабинеті, сондай-ақ екі жатын және жуынатын бөлмелер бар. Алайда, оның бәрі мысықтардың суретімен безендірілген. Үйдің жертөлесінде мысықтардан жасалған үлкен ағаш, ағаш бағандарға қойылған жануарлардың тұлыбы, мысықтардың суреті бейнеленген контейнерлер, мысықтардың суреті салынған кілемдер және тағы да басқа дүниелермен жабдықталған. Өзіндік ерекше үйді сатылымға шығарған «Coldwell Banker» компаниясы оны 240 мың долларға бағалап отыр.

ҚЫТАЙ ХАКЕРЛЕРІНІҢ МҮМКІНДІГІ



Қытай хакерлері әлемнің кез келген нүктесіндегі веб-камераларды басқаруға мүмкіндік беретін бағдарламалар сата бастады.

Бұл аппараттың жалпы құны 28 доллар. Оның көмегімен қасқүнемдер құрылғыларды көбінесе үй маңындағы және балаларды бақылауға арналған камераларды аша алады. Хакерлер әлеуметтік байланыс арқылы камераларды бұзу туралы толыққанды ақпаратпен бөлісуге арналған топ құруда. Көбінесе олар камераға қолжетімді логин мен кілтсөздерді жариялайды. Тұтынушылар жүйелік икемдеу және кілтсөздерді жиі ауыстырып тұрмағандықтан, алаяқтар олардың келісімінсіз бақылау жасайды. Сарапшылар құрылғыларды бастапқы қалпы бойынша пайдаланбай, гаджеттерінің кілтсөздерін жиі ауыстырып тұруға кеңес береді.

ТЕГІН ҰШАДЫ



Әуеде дүниеге келген сәби өмір бойы тегін ұшу мүмкіндігіне ие болды.

Эд-Даммамадан Коччи қаласына бағыт алған Үндістанның «Jet Airways» лайнерінің бортында аяқастынан тағы бір жолаушы босанып, сәбилі болды. Ұшақ ішінде дүниеге келген сәби әуе компаниясының ерекше сыйлығына ие болды. Борттағы фельдшер мен экипаж жүкті әйелге көмек көрсетті. Бала «Boeing» 747 жерге қонып үлгерместен дүниеге келді. Бұл әуе компаниясы үшін алғашқы тосын жағдай. Сондықтан да, олар жаңа туған нәрестеге өмір бойы рейстерде тегін ұшу мүмкіндігін сыйлады. Айта кетейік, мұндай сыйлықтар сирек кездеседі. Соңғы рет 2009 жылы «AirAsia» әуе компаниясы Пенангтан Кучингке бағытталған екі сағаттық ұшу кезінде дүниеге келген сәбиге осындай сертификат табыстаған.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ

ЖАҢАРҒАН ТЕХНИКА – ТАБЫС КЕПІЛІ

Облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров «Көксу қант зауыты» ЖШС-не барып, онда жүріп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Әкім орынбасарын Көксу ауданының әкімі Алмас Әділ мен «Көксу қант зауыты» ЖШС-нің директоры Әділбек Абатов өндіріс орнындағы соңғы жаңалықтардан хабардар етіп, алдағы жұмыс жоспарын таныстырды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Естеріңізге сала кетсек, өткен жылы облысымызда 6 мың гектардан астам жерге қант қызылшасы себіліп, жоспардағыдай өнім алынды. Алайда, өнімді қабылдау барысында біраз қиыншылықтардың болғаны рас. Осы кемшілікті болдырмау үшін аталған зауыт биыл 1 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартып, зауыт құрылғыларын жаңартып, жұмыс ауқымын кеңейтумен қатар өнім сапасын арттыруды қолға алды. Осындай еңбектің нәтижесінде зауыттағы құрылғылар 100 пайызға жаңартылып, қазір алдағы қант қызылшасын қабылдау науқанына 50 пайызға дайын.

«Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Әділбек Абатовтың айтуынша, бүгінде зауыттың күрделі жөндеу жұмыстарына 200-ге тарта адам жұмылдырылған. Бұрынғы Кеңес одағы кезіндегі көнерген құрылғылар Швейцария, Германия, Украина, Ресей, тағы да басқа елдерден алынған заманауи жабдықтармен ауыстырылады. Сонымен қатар, қант қызылшасы төгілетін алаңның тең жартысын биыл цементпен қатырып, жаңарту жұмыстары да қоса атқарылуда. Қант қызылшасын қабылдау қондырғылары Германияда шығарылған қуаттылығы жоғары екі құрылғымен толықпақ.

– Зауыт жылына 220 мың тонна қант қызылшасын қабылдауға қауқарлы. Бүгінге дейін қолда бар техникамен шикізаттан 12 пайыз таза өнім алып келдік. Ал жаңартылған құрылғылар өнімнің сапасын арттырып, еңбек күшін үнемдеу, қант қызылшасын қабылдау мүмкіндігін арттырады. Яғни, алдағы уақытта жаңа құрылғылардың көмегімен қант қызылшасының әр тоннасынан 13-14 пайыз таза өнім алуға қол жеткізетін боламыз, – дейді зауыт директоры.

Біз зауыт аумағында жүріп жатқан қызу жұмысты әкім орынбасарымен бірге көріп, жоғарыда айтылған жайларға қанықтық. Зауыт ауласындағы шетелден әкелінген жаңа құрылғылардың жұмысымен де таныстық.

Шараның соңында журналистердің сұрағына жауап берген Серікжан Ісләмұлы:

– Өңірімізде жыл сайын қант қызылшасын өсіруге деген ынта артып келеді. Биыл «Көксу қант зауыты» ЖШС 220 мың тонна, «Ақсу қант зауыты» ЖШС 100 мың тоннадан астам қант қызылшасын қабылдайды деп жоспарлануда. Демек, биыл 36 мың тоннадан астам таза қант аламыз деген ойдамыз. Сондай-ақ, биылғы өзгерістерге орай зауыт сатып алған қант қызылшасының құнын өздері төлесе, демеуқаржы облыстық ауылшаруашылық басқармасы арқылы төленеді. Демек, шаруалардың жыл бойы төккен терінің ақысын артығымен алуға бар мүмкіндік жасалуда, – деді ол.

Көксу ауданы.





Суреттерді түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАҢА ТӨРАҒАЛАРМЕН ТАНЫСТЫРДЫ





Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Советхан Сәкенов жаңадан тағайындалған төрағалар – Алматы облысының №1 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Жанна Дүйсенханқызы Нүсіпованы және Талдықорған қалалық сотының төрағасы Ермек Ерубекұлы Егеубековты ұжымдарына таныстырды.

Жанна Дүйсенханқызы Нүсіпова 1970 жылы 2 шілдеде Талдықорған қаласында дүниеге келген. 1987 жылы Талдықорған қаласындағы Ломоносов атындағы орта мектепті, 2000 жылы Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтының заң факультетін бітірген. 2001 жылы дүниеге келген қызын тәрбиелеуде. Сот жүйесіндегі еңбек жолын 2003 жылы облыстық сотта маман ретінде бастап, 2010 жылға дейін қызмет етті. 2010 жылдың қаңтар айынан Қаратал аудандық сотының судьясы болып тағайындалып, бүгінгі күнге дейін қызмет атқарды. Қазақстан Республикасы Президентінің №499 Жарлығымен 2017 жылғы 14 маусымнан Алматы облысының №1 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына төраға болып тағайындалды.

Ермек Ерубекұлы Егеубеков 1981 жылы 12 қарашада Алматы қаласында дүниеге келген. 1999 жылы Қарасай ауданындағы Абай атындағы орта мектепті бітіріп, 1999 – 2003 жылдары ҚазҰУ-дің заң факультетінде, 2003 – 2005 жылдары аталған оқу орнында магистратурада, 2005 – 2007 жылдары ҚазЭУ экономика факультетінде оқыған. Екі қыз, бір ұлы бар. Сот жүйесіндегі еңбек жолын 2003 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотында жетекші маман ретінде бастаған. 2005 – 2009 жылдары Алматы қаласында Жетісу және Әуезов аудандарында прокурордың аға көмекшісі болып істеген. 2009 жылы Алматы қаласының Медеу аудандық сотының судьясы болып тағайындалған. 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап бүгінгі күнге дейін Үйғыр аудандық сотының төрағасы қызметін атқарған. Қазақстан Республикасы Президентінің №499 Жарлығымен 2017 жылғы 14 маусымнан Талдықорған қалалық сотының судьясы болып тағайындалды.

Шора БАТЫРБАЕВ.



НӨЛ ЕУРОҒА НЕ КЕЛЕДІ?



Әлем нарығында АҚШ доллары мен еуроның құны түскен емес. Сауда-саттық пен экономикада қос құнды қағаздың бағамы қырық құбылады. Теңгеге шаққанда доллардың да, еуроның да құны аспандап кеткені ақиқат.

Германия жуырда нөл еуро шығарып, жұртшылықты таңырқатты. Бұл туралы «Neue Osnabrucker Zeitung» басылымы мәлімет таратты. Банкнотты шығаруға Еуропа орталық банкі рұқсат берді. Ақша кәдесый ретінде шығарылды, оның ешқандай құны жоқ, яғни ештеңе сатып ала алмайсыз. Дегенмен, жаңа банкнот коллекционерлер мен туристер арасында сұранысқа ие болады деп болжануда. Мұндай 5 мың купюра басылып шықты. Біреуін 2,5 еуроға сатып алуға болады екен. Жаңа ақшада 1958 жылы шығарылған неміс флотының «Горх Фок II» желкенді кемесі бейнеленген. Нөл еуроны 2,5 еуроға сатып алуға сұраныс түсіріп жатқандар баршылық.

МЫҢ ЛАЙК БАСЫЛМАСА...

Әлеуметтік желінің әлегі уақыт өткен сайын шиеленісіп барады. Ғаламтор әлеміне кіріп кеткен онлайншылар қоршаған орта туралы, өзі өмір сүретін қоғам жайлы ойланудан қалды. Желіде лайк жинаудың жаға ұстатарлық жаңа жолын Алжир тұрғыны ұсынды.

Баланы терезеден салбыратып қойып, оның суретін «Фейсбукте» жариялаған ер адам көпшіліктің наразылығын тудырған. «1000 лайк немесе мен оны лақтырып жіберемін»,— деп жазған ол парақшасында. Суретте көрінгендей,ер адам баланы жейдесінен ғана ұстап,15-ші қабаттың терезесінен салбыратып ұстап тұрған. Ол осылай әзілдегісі келген сияқты. Бірақ желі қолданушылары оның бұл әрекетіне наразылық білдіріп, артынша полиция қызметкерлері де назар аударды. Дереккөзінің хабарлауынша,ер адам баланың өміріне қауіп төндіргеніне байланысты екі жылға сотталды. Балаға психологиялық тұрғыда көп қысым көрсетілген.

СӘТСІЗДІК МУЗЕЙІ АШЫЛДЫ



Швецияның оңтүстігіндегі Хельсингборг қаласында Сәтсіздіктер музейі (Museum of Failure) ашылды. Музей атауы айтып тұрғандай оған қоғамда қолданылмайтын өнімдер қойылып отыр. Жаңа ғимаратқа келушілердің қатары көп.

«Өз сәтсіздігін жайып салу, ақымақ сұрақтар қою, шын мәнісінде, кез келгеннің қолынан келмейтін іс», — дейді музей кураторы, 43 жылдық тәжірибесі бар клиникалық психолог Сэмюэл Уэст. Бұрын-соңды баламасы болмаған мұндай көрме адамдарды қателік жасаудан қорықпауға үйретуді мақсат тұтады. Ғимарат 450 шаршы метр жерді алып тұр және онда 51 экспонат ұсынылған. Олардың әрқайсысы тарихта теңдесі жоқ керемет инновация болуы керек еді. Бірақ соңында Сәтсіздіктер музейіне қойылды. Мұнда «Google Glass», «Nokia N-Gage», тіпті, «Apple Newton» секілді танымал компания өнімдері бар. Куратор бірнеше жыл бойы жетістік пен сәтсіздіктің психологиялық құпиясын зерттеумен айналысқан.

ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗДА ҚАР БАР



Ғарыш XXI ғасырдың адамзатына жұмбақ қалпында қалмауы тиіс. Аспан денелерінің ақиқатын ашу — қазіргі ғалымдардың ең негізгі міндеті. Жапондық ғалымдар жұлдыздардың бірінде үнемі қар қалдықтары жататынын дәлелдеді.

Дәлірек айтсақ, қазақтар Қызыл жұлдыз деп атап кеткен Марстың бетінен қалың қар қабаты табылды. Ең қызығы, жұлдыздағы қардың құрамын зерттеген кезде ғалымдар күтпеген жаңалыққа жолықты. Яғни,жердегі қар құрамымен Марстағы ұлпа мүлде ұқсас болмай шыққан. Біз өмір сүретін жердегі қардың құрамы таза судан құралса,ал Қызыл жұлдызда қос тотықты көміртегінің қосылыстары анықталған. Жұлдыздағы қар көміртегінің әрекеттесуінен пайда болған. Мұндай таңғажайып қар ғаламшардағы атмосфералық қысымның салдарынан түзілетін көрінеді. Жапондық ғалымдар судың көміртегі тотығынан да шығатынын бірінші рет байқап отыр.

ҚАЙЫРЫМДЫ ОТБАСЫ



АҚШ тұрғындары Камилла Джеральди мен оның жолдасы Майк 40 жыл ішінде түрлі деңгейде патологиялық сырқатпен туған балаларды асырап алған. Отбасы аталған мерзім ішінде 88 балаға жылулық сыйлады.

Камилла мен Майк 1970 жылы танысқан. Ол кезде Камилла медбике, оның болашақ жұбайы балалар дәрігері болып жұмыс істеген. Сол уақытта Камилланың үш асыранды баласы болған. Ол өзінің мүгедек балаларды құтқарып қалу арманы екендігін айтқан кезде оған Майк бірден қолдау білдірген. Қазіргі кезде жұптың асырап алған балаларының үлкені 32 жаста. Кішісі 8-де. Осы уақыт ішінде олар дерті ауыр 32 баласынан айырылды. Қайырымды отбасы бас сүйегінің бір бөлігі жоқ балаға да айтарлықтай күтім жасай білді. Жақсылық жасаудан ләззат алатын отбасының үйін 1992 жылы «Эндрю» дауылы қиратып кетті. Бүгінде Камилла мүгедек балалармен жалғыз өзі қалып отыр, оның жұбайы Майк өткен жылы обыр дертінен көз жұмды. Алайда қайсар Камилла бұл қиындыққа мойынсұнып отырған жоқ.

СЕМИНАР

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАСИХАТТАЛДЫ

Іле аудандық әкімдігінің акт залында облыстық ішкі саясат басқармасы және облыстық славян қозғалысының қолдауымен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын арқау еткен келелі кездесу өткізілді. Жиынға танымал дінтанушы, филология ғылымының кандидаты Тимур Козырев, «Ұлт тағдыры» ұйымының төрағасы, қоғам қайраткері Досмахамбет Көшім, аудандық мәслихаттың хатшысы Роза Абилова және Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Талғар аудандары мен Қапшағай қаласы әкімдіктерінің бөлім басшылары, ауыл әкімдері, аудандық мәслихат депутаттары, ақсақалар алқасы мен жастардың белсенді өкілдері қатысты.

Конференцияның модераторы облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Жаныс Сапарғалиев Елбасының рухани жаңғыруды өзек еткен мақаласының халыққа ой салып, зор қолдауға ие боп отырғандығын айрықша атады. Осыған орай, облыстық ішкі саясат басқармасының әлеуметтік тапсырыс аясында үкіметтік емес ұйымдарға қаржы бөліп, ақпараттық түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыруды қолға алғанын, республика көлеміне белгілі спикерлердің қатысуымен аудандарды аралап, мазмұнға бай басқосулар өткізу жоспарланғанын тілге тиек етті. ҚР Конституциясында атап көрсетілгендей, мемлекетіміздің зайырлығы еліміздің ішкі тұрақтылығы мен өркендеуінің басты тірегі. Бүгінгі таңда зайырлы қоғамның ажырамас бір бөлігі саналатын діндерді дамыту ісіне мемлекетіміздің баса көңіл бөліп отырғандығын атап айтқан Ж. Сапарғалиев сөз басын «Ұлт тағдыры» ұйымының төрағасы, қоғам қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата кеңесінің мүшесі Досмахамбет Көшімге берді. Біртұтас елдің мәселесін тілге тиек еткен спикердің мазмұнға бай баяндамасы тыңдармандарды ұйытты.

– Елбасының бұл еңбегі ерекше ой салды. Қазіргі кезде қызу талқылануда. Әңгіме – соны жүзеге асыруда не істеу керек екендігінде немесе кейбір терминологияларға кеңірек түсінік беру қажеттігінде болып отыр. Осыған байланысты «біртұтас ұлт» дегенді қысқаша түсіндіріп бергім келіп тұр. Біртектілік дегеніміз – Қазақстанның болашағына байланысты мемлекеттік бағыттағы көзқарастардың бір бағыттағы жарасымдылығы. Осы жерде біртектілікті, біртұтас ұлтты жасайтын дүниежүзінде төрт фактор бар. Оның бірі – дін. Екіншісі – мәдениет, үшіншісі – тіл, төртіншісі – тарих, – деген Досмахамбет Қалмаханұлы Қазақстанда біртектілікті жасайтын факторлардың ішіндегі ең маңыздысы – тіл мен тарих екендігіне ерекше тоқталды. – Көпұлтты халықтың бір тілде сөйлеп, бір тілде шешім қабылдап, бір тілде түсінісуі – біртұтас ұлтты жасайды. Яғни мемлекеттік тіл толыққанды қолданылады. Сол сияқты, идеологиялық тұтастыққа арқау болатын мемлекетіміздің ішкі тарихын оқытудың маңызы зор.

Одан кейін сөз алған дінтанушы Тимур Козырев қоғамдағы конфессияаралық келісім орнату, ұлттық және рухани құндылықтарды насихаттай отырып, радикалды діни идеология мен экстремизмнің алдын алу турасында толғақты ой қозғады. Адамзатты алаңдатып отырған экстремистік ұйымдардың ұстанымдары мен әрекеттері жайында жан-жақты түсінік беріп өтті. Баяндаманы тыңдаған жиынға қатысушылар аталған тақырыптар аясында бірқатар сұрақтар қойып, өзіндік ой-пікірлерімен бөлісті.

Ұ. БӨРІБАЙҚЫЗЫ.
Іле ауданы.

● *Ой-өрім*

Еңбегіне қарай — құрмет,
Жасына қарай — ізет.

Еңбегімен ер сыйлы,
Өнбегімен жер сыйлы.

КӘСІБІ — НӘСІБІ

КВАРЦ ӨНДІРІСІ ҚАРҚЫНДЫ

Қаратал ауданына қарасты Бастөбе ауылдық округінде ірге тепкен «KazSilicon» металлургиялық комбинатында кварц өндірісі қарқын алып келеді. Аудандағы Сарыкөл кенішінен кварц шикізатын игеру жұмыстары сонау жетпісінші жылдары басталған. Аталмыш кен орнынан табылған желілік кварц химиялық тазалығымен ерекшеленеді.

Кварц өндірісі тәуелсіздік алған жылдары біраз уақыт саябырсығанымен, 2006 жылдан бастап қайта жандана бастады. 2011 жылы аталмыш зауыт «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының қолдауымен мемлекеттік арнайы бағдарлама аясында іргелі кәсіпорынға айналып, «KazSilicon» зауыты деп аталды. Осы тұста Сарыкөл кенішінен алынған кесекті кварцтан металлургиялық кремний өндіріле бастайды. Қазіргі таңда өндірістік бағыттың қайта қаралуына байланысты кремний өндірісі уақытша тоқтаған.

– Бүгінде бізде кварц өндірісі қарқын алуда. Былтыр Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы зауыттармен келісімшартқа отырып, 20 мың тонна кварц жөнелттік. Биыл да осы көлемде шикізат жөнелтуді жоспарлап отырмыз. Ұжымда 80 жұмысшы, 50-ге жуық техника жұмыс істеуде. Қазылған кен теміржол, автокөлік арқылы жөнелтіледі, – дейді «KazSilicon» металлургиялық комбинатының коммерция жөніндегі директоры Жандос Нұрпазылов.

Оның айтуынша, кварц әртүрлі бағытта пайдаланылады. Мәселен, Талдықорған, Алматы, Шымкент қаласындағы кішігірім пештері бар зауыттар тапсырыс береді. Себебі, алюминий, шойын, темір балқытатын пештердің ішін тұтастай кварцпен қаласа, тез тозбай, ұзақ жыл қызмет етеді. Сондай-ақ, Қапшағай, Алматы қалаларындағы аквапарктерде бассейндегі суды тазарту үшін де пайдаланады.

Осылайша Сарыкөл кенішінен алынған қазба байлық аудан экономикасының дамуына оң ықпалын тигізуде. Зауыт басшылары кварцтың бағасы аса қымбат болмаған соң мың шақырымнан астам жерге шикізат тасымалдау тиімсіз екенін айтады. Болашақта өндірістік бағыт қайта қараудан өткен соң кремний өндірісін қайта жолға қоюды жоспарлауда. Қазір зауыт Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан секілді көршілес мемлекеттерге кварц жеткізу бағытында келіссөздер жүргізіп жатыр.

Асхат ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.



ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

АҚТЕРЕК ҚАРАҒАЙМЕН КӨМКЕРІЛДІ

Саялы ақ терек пен көк терегі көп елді мекенде енді қылқанжапырақты ағаштар да бой түзей бастады. Туған жерді түлетуге ниетті азаматтардың бас болуымен мұнда жыл он екі ай бойы жасыл түсте жайқалып тұратын әдемі ағаштар отырғызылды.

Игілікті істің ұйытқысы — «Ақтерек» шаруа қожалығының төрағасы, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, аудандық мәслихат депутаты, ауданның Құрметті азаматы Темірлан Шайнүсіпов. Ол өз шаруашылығы есебінен ауылға 350 қарағай, 100 арша және 30 түп шыршаның жас көшетін әкеліп, жұмысшыларын жұмылдырды. Сенбілікке селолық округ әкімі Ғани Шортанбаев бастаған әкім аппаратының қызметкерлері, осындағы Роза Жамантаеваның басқаруындағы мектеп ұжымы және басқа да мекеме, ұйымдар қатысты. Табиғаты тамылжыған Қоңыртөбе тауының етегіндегі алтын бесік ауылын көркейтуге бүкіл тұрғындар білек сыбана атсалысып, біркісідей ұйымшылдық танытты. Соның арқасында көшелерге, Ақтерек орта мектебі, «Дария» балабақшасы, шаруашылық кеңсесі сияқты мекемелердің айналасына арша, қарағай мен шыршаның жас талы тігіліп, күтіп-баптауға алынды. Шаруашылық бөлген арнайы техникамен аулалар қоқыстан тазартылды.

С. ӘШІМБЕКҰЛЫ.
Жамбыл ауданы.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС). Азаматтар МӘМС-ті енгізгеннен не ұтады?

Президентіміз Н. Ә. Назарбаев өзінің «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам – Ұлт жоспарының» бір қадамы ретінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізуді белгілеп, денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын күшейту мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың бірлескен жауапкершілігі принципі негізінде болуы тиіс екендігін айрықша атап өтті.

Қазақстан 90-шы жылдардың ортасында сақтандыру медицинасын енгізу тәжірибесін бастан өткерді. Әйтсе де, тәжірибе көрсеткендей, оны өмірге енгізуге денсаулық сақтау жүйесі де, елдегі экономикалық жағдай да дайын болмай шықты.

Бүгінде мемлекеттің, жұмыс беруші мен әрбір азаматтың бірлескен жауапкершілігі механизмін қолдана отырып азаматтарға медициналық қызмет көрсетуді жаңа сапалық деңгейге шығаруға мүмкіндік беретін тұрақты жағдай туралы айтуға болады.

Сонымен азаматтар МӘМС-ті енгізуден не ұтады? Біріншіден, ел азаматтары ҚР аумағынан өздері таңдап алған кез келген емханадан дәрігерлік көмек ала алады. Мұндай жағдайда емхана шығындарын ӘМС қоры толықтай өтейді. Екіншіден, азаматтар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі пакеттері және МӘМС аясында қарастырылған медициналық көмек үшін қосымша төлемдердің барлық түрінен босатылады. Үшіншіден, еліміздің кез келген дәріханасынан (ӘМС қорында фармацевтикалық қызмет көрсетуші ретінде тіркелген) берілетін құрамы бойынша кеңейтілген және жетілдірілген дәрілік құралдар тізбесіне толықтай қол жеткізеді. Төртіншіден, азаматтар ай сайын ӘМС қорына аударған жарналары мен медициналық ұйымдар көрсеткен қызмет туралы ақпарат алу мүмкіндігіне ие болады. Бесіншіден, Қор сапасыз қызмет көрсетілген немесе медициналық қызмет көрсету аясында құқықтары бұзылған жағдайда сақтандырылған азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

МЕМЛЕКЕТ КІМ ҮШІН ТӨЛЕЙДІ?

Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) енгізіледі. МӘМС мемлекеттің, жұмыс беруші мен әр адамның бірлескен жауапкершілігіне негізделген. Сонымен қатар мемлекет азаматтардың белгілі бір категориялары үшін жарна төлейтін болады.

Бұл категорияға жататындар:

– жұмыс істейтіндеріне немесе істемейтіндеріне қарамастан зейнеткерлер;

– Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;

– 18 жасқа дейінгі балалар;

– интернат ұйымдарында оқитын, тәрбиеленетін адамдар;

– орта, техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі, жоғары білім ұйымдарында күндізгі бөлімде оқитын, сонымен қатар резидентура формасында жоғары оқу орнынан кейін білім алатын адамдар;

– «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапатталған көп балалы аналар немесе одан бұрын «Батыр ана» атағын алғандар, сонымен қатар I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденderімен марапатталғандар;

– сәбиі 3 жасқа толғанға дейінгі декреттік демалыстағы адамдар;

– жұмыс істемейтін аяғы ауыр әйелдер және 3 жасқа толғанға дейін сәбиін тәрбиелеп отырғандар;

– мүгедектер;

– жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;

– уақытша ұстайтын оқшаулағыштарда, тергеу оқшаулағыштарында ұсталынатын және сот үкімімен жазасын өтеп жүрген адамдар;

Бұл категориядағы азаматтар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруда қарастырылған медициналық қызметтердің толық пакетін мемлекет қаражаты есебінен алатын болады. Мемлекет Медсақтандыру қорына 10,1 миллион қазақстандық үшін жарна аударады.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№92 (18368)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сенбі, 19 тамыз, 2017 жыл.

Құрметті Алматы облысының тұрғындары мен қонақтары!



2017 жылғы 27 тамызда сағат 10.00-де Жамбыл ауданындағы «Көкбастау» ипподромында Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне және «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне орай және Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының міндеттерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің Кубогы үшін ұлттық ат спорты түрлерінен республикалық жарыс өтеді.

Келіңіздер, көріңіздер!

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

ҚОНЫСТОЙ



Сүретті түсірген Аслан ҚАЙКЕЕВ.

ҚУАНЫШ ЕСЕЛЕНЕ ТҮСТІ

Талдықорғандықтар тағы да қоныстойын тойлап жатыр. Бұл ретте «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшылары есебінен бой көтерген 1 және 2 бөлмелі 168 пәтер иесіне табысталды. «Арлан жоба» ЖШС-ның жобасы бойынша «Жетісужилсоцтрой» ЖШС-нің құрыш қолды құрылысшылары тұрғызған 5, 6, 7 қабатты үш үйдің құрылысы 2014 жылы басталған болатын. Жалпы алаңы 11 мың шаршы метрге жуықтайтын үйлерді тұрғызуға 1 млрд. теңгеге жуық қаржы жұмсалған. Құрылыс жұмысы басталғаннан аяқталғанша «Krav Инженеринг» ЖШС техникалық қадағалау жұмысын жүргізіп отырғандықтан нысан сапалы салынып, уақытында бітіп, ел игілігіне берілді. Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ пен «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрайымы Ляззат Ибрагимова көптің қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстады.

Жетісу
Қажет АНДАС

Құрылыс индустриясы – ел экономикасын өркендететін күш делінсе, облысымыз осы көштің басында тұр. Оған жыл сайын бой көтеріп, ел игілігіне берілген көпқабатты үйлер мен халыққа қызмет көрсететін орталықтарды дәлел ретінде келтіруге болады. Олар қалаға сән беріп қана қоймай, облыс орталығының инфрақұрылымын дамытуға қозғау салуда. Нәтижесінде Талдықорған қаласы күн сайын өзгеріп, түрленіп келеді. Сол қатарда «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ жергілікті билікпен бірлесіп, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында тұрғындарды тұрғын үймен қамтамасыз етуді сәтті жалғастыруда.

Бүгінде облысымыздың 43 мыңнан астам тұрғыны «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» салымшы ретінде тіркелген. Олардың 20 мыңы облыс орталығында тұрса, қалғандары елді мекендердің тұрғындары. «Бұл еліміздің өзге аймақтарына үлгі болатын көрсеткіш», – дейді Ляззат Еркенқызы. «Олардың дені дәрігерлер, мұғалімдер, қарапа- йым еңбек адамдары, мемлекеттік қызметкерлер, тағы да басқа санаттағы азаматтар. Олардың бәрі орташа табыс иелері болса да, тұрмысынан үнемдеген қаржысын банктегі есепшотына аударып, кезегі келгенде тұрғын үйге ие болуға үмітті», – дейді «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалының директоры Ғалымжан Шалғынбаев. Міне, бүгін сондай үміттегі азаматтардың ойлары жүзеге асып, жүздері күлімдеп пәтер кілтін алып жатты.

Жасыратыны жоқ, бүгінге дейін банк облыс орталығында ғана тұрғын үй салумен айналысып келді. Енді «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында барлық аудан осындай тұрғын үйлермен қамтылады. Бұл жайлы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрайымы Ляззат Ибрагимова:

– Алдағы уақытта шағын қалалардағы тұрғын үй құрылысына ерекше мән беріледі. Алматы облысында тұрғын көп, шағын қалалар жеткілікті. Алғашқы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша Қаскелең қаласында салынған тұрғын үй биыл пайдалануға беріледі, – деп атап өтті.

Айта кетерлігі, көп уақыт өтпей облыс орталығында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша екі қабатты 607 коттедж салына бастайды. Ол үшін облыс әкімдігі 100 гектар жер бөліп, дайындық жұмыстарын бастап та қойыпты. Аталған банк жетісулықтардың бұл бастамасына ерекше ден қойып, қолдау танытуға ниетті. Осы мақсатта облыстық әкімдікте облыс әкімі Амандық Баталов пен «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрайымы Ля ззат Ибрагимова екіжақты ынтымақтастық келісімге қол қойды.



Он жетінші ғасырдың басында қазақ жерінің шығысында күшейіп, көршілеріне көз аларта бастаған Жоңғар-қалмақ мемлекеті елімізді «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» нәубетіне ұрындырғаны белгілі. Дегенмен, қазақ халқы үшін жүз жылдан астам азапқа айналған бұл соғыстың бүгінгі ұрпаққа көмескі тұстары әлі де көп. Оны анықтап, нақтылап, ұрпаққа өнеге етіп, тарихымызға алтын әріптермен шегелеу уақыт еншісінде.

САЛҚАМ ЖӘҢГІР ХАН

ескерткішін алқаушы Бекет Тұрғараұлы Орбұлақта орнатты



Ғасырға созылып, ақыры еліміз елдігін сақтап қалған Қазақ-қалмақ соғысының бастапқы ең ірісі 1643 жылы жазда, Жаркент өңіріндегі Үйгентас жайлауында болған Орбұлақ шайқасы. Бұл тұста өз алдына жеке мемлекет атанғанына 178 жыл толған қазақ елін Есімхан билегені тарихтан мәлім. Алайда қазақ даласының іргесін бүтіндеп, байтақ елдің қай құбыласынан жау тисе де аттан түспей жұртын қорғаған ер Есімхан қартайып, тәнін сырқат меңдеген-ді. Сондықтан шығыстан қара бұлттай түйіліп, қазақ жеріне қаптап келе жатқан Батур қонтайшының 50 мыңдық қолына қарсы Есімханның баласы сұлтан Салқам Жәңгір жедел жиналған батырларымен аттанды. Бар-жоғы 600 адамнан тұратын бұл қолда сол кездегі қазақтың тайпа жасақтарын басқарған ең мықты батырлары шоғырланған еді. Олардың арасында сан соғыста сыннан өткен Қарасай, Ағынтай, Жиембет, Сарбұқа, Көксерек, Жақсықұл, қырғыз Көтен мен Тобай сияқты қайтпас қайсар тұлғалар болған.

Жәңгірдің кілең батырлардан топтасқан жасағы Жаркенттен күншілік жердегі Белжайлауда, Қосқолан тауға келіп, оқпана қазып бекініп, жауды күтті. Қаперсіз келе жатқан жау қысталаң қылтада төбеден жауған жебенің астында қалып, мойын бұруға мұршасы келмей, бірін-бірі таптап, қатты қырғынға ұшырады.

Осы сәтті Қазыбек бек Тауасарұлы «Түптұқияннан өзіме шейін» атты кітабында былай суреттейді: «Жәңгір Қарасай мен Ағынтай екеуінің қолын оқпанаға орналастырды.

(Соңы 3-бетте).



БРИФИНГ

ТАЛДЫҚОРҒАН ТҮРЛЕНІП КЕЛЕДІ

Кейінгі жылдары Талдықорған қаласында ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жүзеге асырылды. Қаланың көркемдігі мен келешек кемелділігі үшін атқарылған жұмыстар жұрт ризашылығын туғызуда. Бойында отансүйгіштік қасиеті бар әрбір жас облыс орталығының бүгінгі келбетіне сүйсініп, келешек көркімен мақтана алады. Осындай ерен еңбек қала басшылығының ұйымдастыруымен атқарылды десек, артық айтқандық емес. Өңірлік коммуникация қызметінде өткен брифингте журналистермен жүздескен қала әкімі Бағдат ҚАРАСАЕВ өткен жылдардағы жетістіктер желісін тілге тиек етіп, биылғы табыс пен алдағы атқарылатын жұмыс жоспары туралы әңгіме өрбітті.

Қашанда қаланың өркендеуі өндірістің өрге басуымен еншілес десек, бүгінде Талдықорғанда 20 ірі және орта өндірістік кәсіпорын қала бюджетін еселеп келеді. Салыстырмалы түрде айтсақ, есепті мерзімде 37,0 млрд. теңгенің өнімі шығарылып, кәсіпорындардың 85,0%-ы өндіріс көлемін ұлғайтты. Өнімнің нақты көлемі жөнінен қала облыста алдыңғы қатарда. Былтырға қарағанда аккумулятор, алюминий катанкасы, сүт өнімдерін өндіру ісі өркендей түскен. Жұмыс істеп тұрған екі өндіріс орны кеңейтіліп, жаңа жұмыс орнының санын көбейткен. Биылғы жеті айда 5,0 млрд. теңгенің ауылшаруашылығы өнімі өндіріліп, егіс көлемі ұлғайып, майлы дақылдар, көкөніс, ет, сүт, жұмыртқа өндіру көлемі артқан. Қаладағы 59 жеке шаруашылық бірігіп, 3 ауылшаруашылығы кооперативін құрыпты. Әсіресе, өткен жылғы желтоқсан айында ашылған «Сардар ЛТД» ЖШС-не қарасты нан комбинатының жұмысы қарқын алып, «Алтын Емел» логотипімен сапалы нан шығаруда.

Қаладағы мемлекеттік бағдарламалардың атқарылуы да ойдағыдай. «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020», мүгедектерді оңалту бағдарламаларын орындау бағытындағы жұмыстар жанданып, тұрғын үй құрылысы, шағын кәсіпкерлік, инвестиция, аудан халқын сапалы ауызсумен қамту, жол жөндеу, білім, денсаулық, мәдениет және тіл, спорт және туризм салаларында жаңа бастамалар қолға алынып, жетістіктер тіркелген. Қаланың діни ахуалы мен қоғамдық тәртібі орнықты. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ширату мақсатында қомақты қаржы бөлініп, тың жобалар қолға алынған. Әлеуметтің әлеуеті артқан сайын тұрғындар арасындағы береке-бірлік нығайып, өмір сүру деңгейі де жоғарылай түскен.

Айталық, шағын және орта бизнестің де салмағы артып, саны молайған. Биыл 12 жаңа нысан ашылып, 247 адам жұмыспен қамтылған. Бір ғана бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 29,0 млрд. теңгені құрап, жылдық жоспар артығымен орындалған. Осы мерзімде қала экономикасына 25,0 млрд. теңге инвестиция тартылып, бюджеттен тыс көздер есебінен қала экономикасына 16 млрд. теңге тартылған. Құрылыс жұмыстарының көлемі артып, жылдық жоспардың дені орындалыпты. «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы аясында тұрғын үй шаруашылығын қайта жаңғырту бағыты бойынша көпқабатты үйлерді қайта жаңғырту жұмыстары да жүйелі іске асуда. Аулалар мен арықтарды реттеу жоспары да белгіленген. Биыл қаланы абаттандыруға бағытталған қаржы есебінен қайта жаңарту бойынша жұмыстар жалғасуда және орталық саябақты абаттандыру, қалалық жүзу бассейнінде қызу жұмыс жүріп жатыр. Бүгінге дейін 6 аула жаңа түрге еніп, жаңадан тартылған 8,2 шақырым арық желісімен су ағып тұр. Ақылбеков көшесіндегі №4 қазандықты күрделі жөндеу толығымен аяқталыпты. Қаланың электр және жылу желілерін жаңарту жоспары да кесте бойынша жалғасуда.

Биыл қаланың жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеуге қомақты қаржы бөлініп, игерілуде. Бүгінде Талдықорғанды көгілдір отынмен қамту 4 кезең бойынша жүргізілуде. Қаланы газдандырудың бірінші кезеңі аясында 82 шақырым газ құбырының құрылысы аяқталуға жақын. 225 абонентті техникалық іске қосу жұмысы жүргізілуде. Қала әкімі келесі кезектегі жұмыстар да кестеге сай бітеді деп сендірді. Өйткені, қаланы газдандыруға облыстық бюджеттен 6 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінсе, оның сыртында жергілікті бюджет есебінен де атқарылып жатқан істер ауқымды. Тұрғын үйлерге табиғи газ кіргеннен кейін алдын ала есеп айырысу құнының бір текше метрі 33 теңге 63 тиын болады деп болжануда. Қысқасы, қаланың инфрақұрылымын дамыту ісі жоғары деңгейде атқарылуда.

Ағымдағы жылы қала бюджетінің де қоржыны қампая түсті. Есепті кезеңде бюджеттің болжамдық түсімі 105,3 пайызға орындалып, қала бюджеті шығыс бойынша 17,1 млрд. теңгені құрап, 99,8%-ға атқарылды. Жұмыспен қамтудың нәтижесінде үш мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып, үш бос орын жәрмеңкесі өткізілген. Оған мыңнан астам адам қатысып, екі жүзден астам жұмыссыз азамат жұмысқа тұрыпты. Соның 25-і мүмкіндігі шектеулі жандар. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың» 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша қайта даярлауға, жастар практикасына, әлеуметтік жұмыс орындарына, қоғамдық жұмысқа жіберілген жастардың белсенділігі басым. Бір сөзбен айтқанда, қаладағы жұмыссыздық деңгейі 4,3 пайызды құраған, бұл облыстық көрсеткіштен әлдеқайда төмен. Білім беру саласында да көңіл толқытар қуаныштар мол. Ең бастысы, өңірімізде балаларды балабақшамен қамту 92,5 пайызға жетіп, республикада алға шықса, денсаулық сақтау саласындағы жетістіктер де жерге қаратпайды.

Брифинг барысында Бағдат Әбілмәжінұлы тұрғындарды толғандырып жүрген кемшіліктерді де жария етті. Оның айтуынша, қалада жабайы сауда қызып тұр. Биыл қалалық әкімдік тиісті мекемелермен бірлесе отырып, жабайы сауданың жолын кесуге бағытталған бірқатар ауқымды шара ұйымдастырған. Нәтижесінде 434 заңбұзушылық анықталып, 11 дүңгіршек жабылған. Заңсыз сауда жасағандарға 1 млн. теңге көлемінде айыппұл салынған. Одан өзге қаладағы жер теліміне қатысты арыз-тілек те көп. Өйткені, бүгінде 26 мың қала тұрғыны жер кезегінде тұр. Олардың талабын орындау үшін 5200 гектар жер керек. Әрине, мұны бір ретте шешу қиынға түседі. Десе де, тұрғындарды үйлік жер телімімен қамту мақсатында инфрақұрылымы жақсы жерден 150 гектар жер дайындалып, құжаттары реттеліп жатыр. Бұдан өзге де толғақты мәселелерді теріп шыққан қала басшысы оның өз кезегінде жоспарға сай атқарылатынына сенім білдірді.

Әкім есебінен кейін кездесуге қатысқан журналистер қауымы да өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды. Сол қатарда қаланың экологиялық тазалығы, күрмеуі қиын жол мәселесі, шаһарды газдандыру мен қала ішінде қатынайтын жол көліктерінің және аялдамалардың нашарлығы туралы сұрақтар қойылды. «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Жұматай Әміреев қала маңындағы саяжайлардың инфрақұрылымын дамытуға қатысты сұрақ қойды. Саяжай тұрғындарына медициналық нысанның керектігін тілге тиек ете келіп, ондағы балалар білім алатын мектептің жоқтығын алға тартты. Оның сұрағына:

– Биыл қаланың оңтүстік-батыс аумағынан 1200 орынға арналған мектеп салынып жатыр. Ол сол маңдағы саяжайда тұратын балалардың білім алуына жағдай жасайды. Ал қаланың басқа аумағына орналасқан саяжайлардың жағдайын алдағы уақытта қарастырамыз, – деген жауап берілді.

Қысқасы, қалада атқарылған жұмыс ауқымды. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғасып, Талдықорғанның түрленіп, гүлденуіне қозғау салмақ.

Қ. ОМАРАҚЫН.



Сүретті түсірген Аслан ҚАЙКЕЕВ.

Жетісу
1918 – 2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

САЙЛАУ

ҚАЙТА САЙЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауыл округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауыл әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» Жарлығына сәйкес Текелі қаласына қарасты Рудничный ауылдық округінің әкімі сайланды.

Сайлау комиссиясының хабарлауынша, Рудничный ауылдық округіне әкім болуға Текелі қаласының мәдениет және тілдерді дамыту, ветеринария бөлімдерінің басшылары Марат Дәуренбаев пен Сергей Махаев үміткер болған. Алайда Текелі қалалық мәслихат депутаттарының жасырын дауыс беруі нәтижесінде таңдаушылардың басым көпшілігі Сергей Вишняковтың әкім болуын қалаған. Сөйтіп, осы уақытқа дейін аталған ауылдық округте оң нәтижелі жұмыс көрсетіп жүрген Сергей Вишняков қайтадан әкім болып сайланды.

Шора БАТЫРБАЕВ.
Текелі қаласы.

СЕНІМ АРТЫЛДЫ

Еңбекшіқазақ ауданына қарасты 16 ауылдық округ әкімдерін сайлау ойдағыдай өтті. Балама кандидаттар ұсынылып, сайлауға 47 үміткер қатысты. Олардың бәрі де көпшілік көңілінен шығатын білікті азаматтар ретінде іріктелген.

Сайлау Есік қаласындағы В. Терешкова атындағы орта мектепте өтті. Жасырын дауыс беру арқылы үміткерлердің лайықты бағасын беру аудандық мәслихаттың 22 депутатының еншісіне тиді. Дауыс беру үрдісін аудандық сайлау комиссиясы мүшелері қатаң қадағалады. Жабық кабиналар жасақталды. Сайлау бюллетеньдерінің бәрі талапқа сай болды.

Комиссия мүшелері мерзімді сәтте сайлау бюллетеньдерін мұқият санады. Олардың ішінде жарамсызы жоқ. Мәслихат депутаттары дауыс беруге толық қатысты. Нәтижесінде, ел сенімін арқалаған 16 азамат ауыл әкімінің мандатына ие болды. Сайланғандардың ішінде Масақ және Ташкенсаз ауылдық округтерінің әкімдері бұл қызметке бірінші рет келіп отыр. 14 әкім қайта сайланды. Ең бастысы, ел сайлаған әкімдер қоғамдағы экономикалық және рухани жаңғыруға айтарлықтай үлес қосады, қабілет-қарымын, мүмкіндік пен дарынын танытады деген сенім мол.

Б. БАТЫҚҰЛЫ.
Еңбекшіқазақ ауданы.

ОБЛЫСТЫҚ АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАР, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №555 Жарлығына сәйкес 2017 жылдың 5-11 тамызы аралығында аудандық маңызы бар 2 қала мен облыстың 18 аудан, қалаларының 127 ауылдық округ әкімдерін сайлау жүргізілді (Талдықорған қаласынан басқа). 126 әкімшілік бірліктерде сайлау әкімдердің өкілеттік мерзімдері аяқталуына, үшеуі бос лауазымдарға байланысты тағайындалды.

Барлығы 388 кандидатура ұсынылып, оның 386-сы тіркелді. Түрлі себеп бойынша 7 кандидатура алынып тасталды. Сайлауға барлығы 379 үміткер қатысты. Облыс бойынша сайлаушылардың келуі орташа 96,3 пайызды құрады. Дауыс беруге сайлаушылар тізіміне енгізілген 270 аудан, қала мәслихаттары депуттарының 260-ы қатысты.

Сайлау барысын «Нұр Отан» партиясының, қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті БАҚ-тың, үміткерлердің сенімді өкілдері, барлығы 77 бақылаушы қадағалады.

Сайланған 129 әкімнің 6-уы әйелдер (4,6%), қазақтар – 120 немесе 93 пайыз, орташа жасы – 48 жас. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде мұғалімдер – 34, ауылшаруашылығы мамандары – 28, инженерлер – 25, экономистер – 20, заңгерлер – 18. Сайланған 129 әкімнің 101-і немесе 78,3 пайызы округтерде жұмыс істеп келе жатқан әкімдер. Ал 16-сы әкім аппараттары мен мәслихаттардың қызметкерлері, коммерциялық құрылым, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерде жұмыс істегендер саны – 10. 128 әкім – «Нұр Отан» партиясының мүшесі.

Облыста әкімдерді сайлау жұмыстары аяқталды, сайлау заңнамасын бұзушылық туралы шағымдар мен арыздар түскен жоқ.

ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

Елбасы «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімовті қабылдады. Ақорданың баспасөз қызметінің ақпаратында кездесуде Қазақстан Президентіне «ЭКСПО – 2017» көрмесінің өту барысы жөнінде баяндалып, оның жұмысы аяқталғаннан кейін нысандарды пайдалану туралы ұсыныстар айтылғаны көрсетілген.

ЕКІ АЙДА ҮЛКЕН ІС ТЫНДЫ

Жетісу
Қажет АНДАС

Алдымен Мемлекет басшысына көрме мен павильондарға келушілер саны туралы мәлімделді.

– Көрмеге үш айда 2 миллион адамның келуі жоспарланған болатын. Бүгінде келушілер саны 2,5 миллионнан асты. Халықаралық павильондарға 5 миллионнан астам адамның келуі көзделген болса, қазір оларды 20 миллионға жуық адам аралап көрген. Келушілер үшін ең танымал павильон – «Нұр Әлем» сферасы. Оған 831 мың турист келген. Көрме соңына дейін бұл көрсеткіш 1 миллионнан асады деп жоспарланып отыр. «ЭКСПО –2017» көрмесі ашылғаннан бері 68 елдің ұлттық күндері өтті. Сондай-ақ, көрмеге 106 мәртебелі мейман келді, атап айтқанда, 19 мемлекет басшысы, 16 премьер-министр және олардың орынбасарлары, 11 парламент жетекшісі және олардың орынбасарлары, 60 министр және олардың орынбасарлары бар. Шет мемлекеттер өздерінің павильондарын әзірлеуге 100 миллион долларға жуық қаражат жұмсады, – деді «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы.

Сонымен бірге, Елбасыға туризм саласындағы көрсеткіштердің айтарлықтай өсіп келе жатқаны жөнінде баяндалды. Ахметжан Есімовтің айтуынша, Астана қаласындағы қонақүйлер мен хостелдер саны 27 пайызға өсіп, қонақтарды орналастыру көрсеткіші 60 пайызды құраған. Жалпы, «ЭКСПО» көрмесі экономиканың барлық секторының дамуына серпін беруде. Қонақүйлер мен көпшілік тамақтанатын орындарда туристер саны артты. Сол себепті Елорда бюджетіне қосымша қаражат түсіп отыр. Жаңа жұмыс орындары ашылды. Қазақстанның 196 компаниясы көрме кешенінің құрылысына қатысты. Бұл 200 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтыды. Қазір көрме қызметін қамтамасыз ететін 21 мыңдай адам жұмыс істеуде. Техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес көрме құрылысына 816 млрд. теңге қарастырылған. Кейіннен бұл қаражат оңтайландыру есебінен 452 млрд. теңгеге азайтылыпты. Көрмеден кейін бұл аумаққа «Астана» халықаралық қаржы орталығын, IT-стартаптар паркін орналастырып, бірқатар орталық пен павильондарды ЭКСПО мұрасы ретінде сақтап қалу көзделіп отыр.

Осындай жан-жақты қолдау мен жүйелі жоспар негізінде қолға алынған көрме жұмысының бүгінгі беталысы жаман емес. Айталық, 10 маусым мен 14 тамыз аралығында көрмеге қатысушы елдердің халықаралық павильондарына кіріп-шығу саны 17 миллион адамды құрады. Олардың ішінде Африка Плазасы (22 ел) 659 452, Мысыр 608 733, Түркия 596 462, Әзірбайжан 568 654, Таиланд 566 711, Үндістан 557 480, Ресей 515 321, Өзбекстан 469 575, Жапония 461 772, Сауд Арабия Корольдігі 419 285 адамды қабылдаған. Өткен екі айда халықаралық қатысушылармен 66 Ұлттық күн және 4 мамандандырылған күн ұйымдастырылыпты. 160-қа жуық тақырыптық іс-шара (конгресс, конференция, форум, мастер-кластар) өткен.

Аталған мерзім аралығында жалпы сомасы 131 767 992 теңгені құрайтын 84 495 дана лицензиялық өнім сатылған. Көрменің екі ай жұмыс аралығында 537,8 тонна өнім әкелінсе, қоғамдық тамақтану орындары 558, 7 мың келушіге қызмет көрсеткен. Тауар айналымының жалпы сомасы 905,7 млн. теңгені құрады. Сондай-ақ, осы мерзімде байланыс орталығына 44 242 адам жүгініпті. Оның ішінде 26261 қоңырау түсіп, ақпарат киоскілеріне 17016 азамат жүгінген. Екі ай ішінде халықаралық павильондарға 5298 тонна жүк жеткізілген. Қазіргі кезде көрме қалашығында 5181 адам тұрады. Жалпы мерзім ішінде (2 ай) 15416 қонақ орналастырылыпты. Аллергия, дене қызуының көтерілуі және қан айналым жүйесінің аурулары сияқты медициналық көмекке 4864 келуші жүгініп, 49 адам ауруханаға жатқызылған. Баспасөздерде жарияланған материалдардың жалпы саны 15 410 құрады.

Көрменің аяқталуына әлі де бір айға жуық уақыт бар. Демек, бұл көрсеткіштер еселене түседі. Қысқасы, осы уақыттың өзінде көрменің келешегі туралы болжам мен жоспардың өз деңгейінде орындалып жатқанын байқауға болады.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ



СІЗ ТҰТЫНУШЫСЫЗ, БІРАҚ...

Көптеген адамның азаматтық ұстанымдары жоғары. Бірақ істің мәніне келгенде абдырап қалады. Олар сот талқылауларынан аулақ болғанды қалайды. Әрбір азамат «сот» деген сөзді естігенде, еріксіз іштей шошынады. Алайда сіздер жанжалды немесе дауды сот тәртібінен тыс реттеудің көптеген тәсілі бар екенін білесіздер ме?

Сонымен, сот тәртібінен тыс тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мынадай тәсілдері бар. Біріншіден, тұтынушы өз еркімен құқығын қорғау туралы жазбаша немесе ауызша тәртіпте тікелей сатушыға немесе тауарды сатуды жүзеге асыратын әкімшіге жүгіне алады. Көптеген жағдайда аталған тәсілмен дау шешімін табады. Мысалы, тұтынушы сауда үйінде балалар ойыншығын сатып алса, сатушыдан түбіртек сұрай алады («Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 18-бабы). Алайда сатушы оны беруден бас тартса,құқығының бұзылғандығы туралы сауда үйінің әкімшісіне жүгіне алады. Бұл мәселе ҚР Салық кодексінің 644-бабы, 5-тармақшасымен қаралады. Екіншіден, тұтынушы өзінің құқықтарын қорғау туралы шағыммен (өтінішпен) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктеріне жүгіне алады. Айталық, тұтынушы қымбат косметикалық өнімді сатып алу-сату туралы шарт жасасады. Келесі күні тұтынушы косметикалық өнімнен бас тартуды ұйғарды делік. Сатушы тауар айырбастауға жатпайтын медициналық бұйым болып табылатындығын айтып, тауарды қайтып алудан бас тартады. Тұтынушы сатушының іс-әрекетіне шағымдана отырып, тұтынушылардың қоғамдық бірлестігіне жүгіне алады. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 14-бабының 1-тармағы мен 42-бабындағы тәртіппен мәселе қаралады. Нәтижесінде сатушы ақшаны қайтарып, тауарды қабылдайды.

Үшіншіден, тұтынушы сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) қатысты шаралар қабылдау үшін уәкілетті органға шағымдана алады. Мысалы, тұтынушыға емханада сапасы төмен медициналық қызмет көрсетілсе, ол дауды шешу үшін медицина мекемесінің меңгерушісіне, одан кейін бас дәрігерге жүгініп, олар дауды шешпеген жағдайлар кезігеді. Одан кейін тұтынушы учаскелік дәрігердің іс-әрекетіне қатысты фармацевтикалық және медициналық қызмет көрсетуді бақылау департаментіне шағымданады. Департаменттің қызметкерлері тексеру жүргізіп, дәрігерді жауапқа тарту үшін шара қабылдайды. Тұтынушыдан кешірім сұрайды және тиісті медициналық қызмет көрсетіледі.

Енді сіз тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қандай тәсілдері бар екенін білесіз. Осының барлығын тәжірибе жүзінде қолданыңыз және сауатты тұтынушы атаныңыз.

Т. ГАЛИНОВ,
ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көтерілген мәселелердің бірі – «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе ерекше географиялық жағдайына байланысты «Жетісудың киелі жерлері» жобасын жүзеге асыру. Бұл тарихи-өлкетану музейлерінің танымдық, әдеби-мәдени, ғылыми-көпшілік ағарту жұмыстарының өзегіне айналып отыр.

ЭКСПЕДИЦИЯ ЖАСАЛДЫ

Ғылыми деректерде ұлан-байтақ еліміздің аумағында 220 мыңға жуық өзен-көл, тау-тас атаулары бар десек, осыншама жер-су атауларының қойнауында тұнып жатқан өзіндік тарихы, шежірелі сыры бар. Осындай өлкеміздегі жер-су атауларының шығу тарихын білу әркімді-ақ қызықтырары сөзсіз. Оны зерттеп, зерделеу мақсатында «Киелі жерлер географиясы» арнайы жобасы бойынша қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік комиссия құрылды. Музейдің ғылыми кеңес мүшелері жергілікті өлке тарихын танушылармен бірлесе отырып, аудандағы қасиетті, киелі жерлер мен әулие орындар жайлы мәліметтерді жиыстырды. Аталған орындардың фотосуреттері, олар жайлы ел аузындағы аңыз-әңгімелер топтамасы жинақталды. География, этнология ғылымдарымен тығыз байланыста дамып отыратын, жер-су атауларының шығу тарихы мен пайда болуын, мағынасын, дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, жазылуын зерттеді. Сондай-ақ, ел аузындағы аңыздар желісі мен көнекөз қариялардың айтуына сүйеніп, еліміздің киелі жерлері мен қасиетті орындары, ашық аспан астындағы мұражайлары жайлы жаңа тарихи ақпараттар толықтырылды. Осы орайда «Бастау-2017» танымдық экспедиция маршрутының жобасы дайындалып, экспедиция өз жұмысын бастады.

Экспедиция алғашқы сапарын ағымдағы жылдың шілде айының 19-20 күндері Алматы-Бақанас тасжолы бойындағы Алматы бағытынан жолдың сол қанатында Малай-Сары асуы сілемінің Іле өзені жағалауы қапталында жерленген Ұлы жүз, Жалайырдың Мырза руынан шыққан, Жетісу ақындарының «Алтын діңгегі» атанған Сүйінбай және Бақтыбай, Қалқа сынды ақындардың ұстазы Ескелді, Балпық билердің замандасы, тұстасы болған Ұлы жүздің бас ақыны ұлы жырау – Қабылиса (Қабан) Асанұлының кесенесінен бастады. Қазақтың ауыз әдебиетін жинап зерттеуші Әбубәкір Диваевтың: «Қалмақтан әуелі жерді босатқан Қара Керей Қабанбай, Тарақтыда Тәттібай, Қораластан шыққан ер Жауғаш, Ыстыдан шыққан Шой батыр – Абылайды хан көтеріп, Қалмақты қуған дүр батыр», – деп жырына арқау еткен, бағадүр батырлардың бірі, Шой батырдың әкесі, Құланбасы елдімекеніндегі топ қорымда жатқан Есімұлы Едіге батыр зиратына да шолу жасады. Және жау қолынан жараланған ер бабамыз Едіге батырдың ел шетіне жетіп, түйесі шөккен жері, арнайы ескерткіш қойылған «Едіге шоқысына» арнайы барып, зерделеді. Сонымен қатар, сол маңдағы Жалайыр, Балғалы руынан шыққан Барақ батыр ескерткішіне және Алматы-Қарой тас жолының бойындағы, Бура ауылының тұсында, жолдың оң қанатында үш шақырым қашықтықта жатқан, Ұлы жүздің Бәйшегір, Бекпенбет (Шегелек) руынан тараған Шаған батыр ұрпағы Барақ бидің бел баласы Нысанбай әулиеге құран бағыштады. Сондай-ақ осы жол бойында, Аққөл ауылынан он шақырым қашықтықта жатқан, жоғарыда аталған Шегелек руынан шыққан әйгілі Маралбай әулие бабаларымыздың зияратына зиярат етті.

Алдағы уақытта да «Бастау – 2017 экспедициясы» арнайы бағыт бойынша жұмысын жалғастыруды жоспарлауда.

Зәуреш ДЕМЕУҚҰЛОВА,
Балқаш аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ЖАҚЫН ҚАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен селекторлық жиында жаңа оқу жылына дайындық барысы сараланды. Білім ошақтарының оқушыларды қабылдауға дайындығы, басқа да өзекті мәселелер турасында ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев баяндама жасады.

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

– Білім мәселесі бойынша маңызды шешімдер өткен жылы қабылданды, биыл сол жұмыстарды жалғастырамыз. Бірінші сыныпқа 380 мың бүлдіршін барады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,5 мың балаға артық. Сонымен қатар бүгінде 20-дан астам жаңа мектеп салынды, тағы 35 мектепті 1 қыркүйекке дейін іске қосу жоспарланып отыр. Күрделі жөндеу жұмысы 300 білім ошағында, ағымдағы жөндеу 410 мектепте жүргізілді. Барлық жұмыс 25 тамызға дейін аяқталады деп аймақтар есеп берді, – деді министр. Сонымен қатар жаңартылған бағдарлама бойынша пилоттық жоба биыл екінші, бесінші және жетінші сыныптарда өз бастауын алатынын, 15 мыңнан астам мұғалім өз пәндерін ағылшын тілінде өткізе бастайтынын жеткізді. Білім гранттары төңірегіндегі мәселеге қатысты да пікірін білдірді.

– Біз экономиканың басым бағыттары бойынша гранттарды үлестіреміз. Мысалы, есептеу техникасына 610, ал құқықтануға бар болғаны 45, жалпы медицинаға 2500, стоматологияға 45. Бұл түрлі бағдарламаларда бекітілген. Жыл сайын кейбір жоғары балл алған түлектер грантсыз қалып жатса, аз ұпай жинағандар басқа грант көбірек бөлінген мамандықтарға түсіп кетіп жатады. Бұл қажетті мамандықтар саны өте кеш шығуына байланысты. Осыған орай талапкер өз мүмкіндігін бағамдап үлгермейді. Ал оның қажетті пәнді таңдап, дайындалуы үшін уақыт керек, – дей келе министр мамандықтар бойынша бөлінетін гранттар санын үш жыл бұрын жариялауды ұсынды. Мұны үш жылдық бюджет аясында жасауға болатынын тілге тиек етті.

– «Алтын белгі» иегерлері бойынша мәселе өзекті. Биылғы гранттар «Алтын белгіге» қарамай, ҰБТ-да жинаған балл бойынша берілді. Одан кейін республикалық комиссия «Алтын белгі» алған талапкерлер алдындағы міндеттемелерін орындауы үшін шамамен 4% грант қосты. Өткен жылы да «Алтын белгі» иегерлерін жоғары оқу орындарының гранттары бойынша орналастыруға мәжбүр болдық. Енді биыл заңнамалық өзгерістер енгізуді жоспарлап отырмыз. Демек, заңға өзгеріс енген жағдайда «Алтын белгі» иегерлері жеңілдіктен қағылады. Сөйтіп олар ҰБТ-дан жинаған ұпайы бойынша ғана мемлекеттік грантқа конкурсқа қатысады, – деді министр.

Ерлан Сағадиевтің баяндамасын тыңдап болған соң ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев: «Байқағаныміздай, жаңа оқу жылына дайындық жаман емес, бірақ, әлі де ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталмағанын көріп отырмыз, сонымен қатар, бірқатар аймақтарда оқушыларды тасымалдау, ыстық тамақ және оқулықтармен қамтамасыз ету жағы толық шешілмегенін де байқадық», – деген Үкімет басшысы облыс әкімдеріне аталған мәселелерді 1 қыркүйекке дейін шешуді тапсырды.

Селекторлық жиыннан соң облыс әкімі Амандық Баталов өңірдегі жаңа оқу жылына дайындық барысын пысықтап, жауапты сала басшыларынан жұмыстарды ширатуды талап етті. Бірінші қыркүйекте балалардың алаңсыз, жадыраған көңіл күймен мектепке баруы үшін барлық жағдай жасалуы қажеттігін атап өтіп, бұл істе олқылықтардың орын алмауы қажеттігін қатаң ескертті.

СЕМИНАР

ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ САҚТАЛАДЫ

Облыстық әкімдіктің үлкен жиынжайында облыстық күзет қызметі басқармасының ұйымдастыруымен «Күзетілетін объектілерге қарулы және террористік шабуыл жасалу қаупі кезіндегі қызметкерлердің іс-қимылы» атты семинар өтті. Шараны облыстық күзет қызметі басқармасы басшысының орынбасары Дидар Аубакиров жүргізіп отырды.

Бүгінгі таңда экономикасы қарыштап дамыған еліміздің қауіпсіздік қызметін де шыратып отыру керек. Ол үшін күзет қызметінің арқалайтын жүгі салмақты. Сондықтан «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл» жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Аталған бағдарламаны іске асыру жөнінде облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовтың басшылығымен медиажоспар жасалып, түрлі сақтық шара атқарылуда. Ең бастысы, қолға алынған мәселе мен атқарылған жұмыстардың нәтижесінде өңірде ел өміріне қауіп төндіретін немесе тұрғындарды алаңдататын қауіпті жағдайлар орын алған жоқ.

«Қауіпің неден болса, қатерің содан» дегендей, әлемді алаңдатып отырған экстремизм мен терроризм біздің елге де қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан сала мамандары сауысқаннан да сақ болғаны дұрыс. Осыған байланысты облыстық күзет қызметінің мамандары саптық бөлініс қызметкерлеріне дәріс оқып, семинар ұйымдастырып, полигон алаңдарында тәжірибелік сабақтар, психологиялық, психопрактикалық іс-шаралар өткізіп тұрады. Бұл семинар соның жалғасы.

Семинар барысында осы мәселелер көтеріліп, ашық әңгімелер өрбіді. Әсіресе, күзетілген объектілерге террористік шабуыл кезіндегі қызметкерлердің кәсіби және психологиялық дайындығы туралы, жарылғыш құралдардың сипаты, террористердің іс-қимылдары мен мінез-құлқы, терроризм, экстремизм туралы мәселелер талқыланды. Қызметкерлерге тақырыпқа байланысты бейнежазбалар ұсынылып, жадынамалар таратылды.

Қ. ОМАРАҚЫН.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ТӘРБИЕШІЛЕРГЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Облыстық білім басқармасы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бірігіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдаудың қорытындысы негізінде жиын өткізді. Жиынға аталған агенттіктің облыс бойынша департаменті басшысы – әдеп кеңесі төрағасының орынбасары Данияр Сабырбаев қатысты.

Басқосуға аудан әкімдерінің орынбасарлары, аудандық білім бөлімдерінің жетекшілері шақырылды. Бүгінде жекеменшік мекемелерге бюджеттен көмекқаржы берілетіні мәлім. Бір эттеген-айы, осы қаржыны игеруде заңбұзушылықтарға жол берілген. Керек-жарақтарды сатып алуда қаржылық бұрмалаулар болған. Асханаларды тексергенде көптеген кемшілік орын алғандығы айтылды. Жиынды ашып, жүргізіп отырған облыстық білім басқармасының басшысы Лаззат Базарқұлова орын алған кемшілік жайлы мағлұмат берді.

Тексеріс барысында бала санын дұрыс көрсетпеу деректері де кездескен. Мінбеге көтерілген балабақша меңгерушілері тәрбиешілердің айлығы көтерілсе, мемлекеттен бөлінетін қаржы көлемі арттырылса деген тілек білдірді. Балаларды кезекке қоюда да келеңсіздіктер орын алған. Сондай-ақ, қызметкерлердің білім деңгейін көтеру курстарын ұйымдастыру мәселесі де сөз болды. Ұстаздардың уақытында курстан өте алмауы салдарынан мекеме ішінде алашапқын басталады. Тексерушілер тәрбиешілерге ары қарай сабақ бергізбеу керектігін айтады. Ондайда мекемеде маман жетіспей қалады. Міне, мекеме басшылары тарапынан осы мәселелер бір жүйеге келтірілсе деген ұсыныс айтылды.

Жиын соңында Данияр Бауыржанұлы сөз алып, жіберілген кемшіліктерден нәтиже шығару керектігін ескертті. Бұл орайда білім басқармасы мекемелерге өз тарапынан барлық жағдай жасайтындарын айтты. Жиналғандар ұйымдастыру ісін жандандырып, қаржы есептеуде білікті мамандардың кеңесіне жүгінетіндерін айтып тарқасты.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

«Жетісу» ақпарат

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№99 (18375)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 7 қыркүйек, 2017 жыл.

РЕСМИ



ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС КҮШЕЙЕДІ

Облыс әкімінің орынбасары Серікжан БЕСКЕМПІРОВ Нидерланды Корольдігі Елшілігінің Алматы қаласындағы кеңсе басшысы Вилко Роггенкамп бастаған голландиялық компаниялардың бірнеше өкілімен кездесті. Ресми түрде өткен басқосуда негізінен жылыжай шаруашылығы бойынша жобаларды жүзеге асыруда тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, ынтымақтастықты арттыру жайы сөз болды.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен «Жер жаннаты атанған Жетісу өлкесіне қош келдіңіздер!» – деп сөз бастаған Серікжан Ислямұлы ресми қонақтарға Алматы облысының зор мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін сөз етті. Әңгіме барысында бұл өңірдің аграрлы аймақтың бірі және елдегі ауылшаруашылығы өнімдерінің он жеті пайызы осы облыстың үлесінде екендігін, саланың инвестиция тартуға қолайлы мүмкіндіктерін, сондай-ақ, жылыжай шаруашылығын, жүгері мен қант қызылшасын, бау-бақша дақылдарын өсіріп, өндіруге, етті-сүтті бағыттағы мал шаруашылығын дамытып, өркендетуге айрықша көңіл бөлініп отырғанын, бір сөзбен айтқанда, саланы жандандыруға қай жағынан болсын ерекше назар аударылып, көптеген жұмыс жүргізіліп жатқанын, оған Үкімет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп, көмек беріліп келе жатқанын тілге тиек етті.

Бұдан соң делегация басшысы Вилко Роггенкамп бастаған «Bilancia», «Celtic Koeling», «Dalsem», «Enza Zaden», «EuroFood Consulting», «Hoogendoorn», «MasAgro», «Oldenhuis & Prinsen», «Philips» секілді компаниялардың өкілдері сөз сөйлеп, елге келудегі басты мақсаттарын жан-жақты айтып, түсіндірді. Кездесу барысында іскер топ ел экономикасының даму қарқынына, Талдықорған қаласының бүгінгі кескін-келбетіне, әсіресе, алыстан көз тартатын небір ғимараттар мен көпқабатты тұрғын үйлердің көптеп бой көтеріп жатқанына ерекше таңданыс танытқандарын жеткізді.

Кезегімен сөз алған делегация мүшелері жылыжай шаруашылығын дамытуда голландиялық технологиямен заманауи үлгіде жылыжай кешенін салу бойынша жүргізіп отырған жұмыстары мен жобалары, озық іс-тәжірибелерімен бөлісіп, облыспен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізуге ынталы екендіктерін айтты. Сонымен бірге, олар тауарлы-сүт фермалары мен құс өсіруге арналған репродукторлар құру, өздерінің технологияларын қолдана отырып, көкөніс қоймасы желісін жетілдіру жөнінде де сөз қозғады.

Жылы жүздесуден соң облыс әкімінің орынбасары бұл бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыруға барлық жағынан қолдау көрсетуге дайын екендіктерін білдіріп, аталған салаға қатысты голландықтар тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар қайтарды.

Айта кетейік, Нидерланды Корольдігі жылыжай секторындағы және ауылшаруашылығы саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі саналады. Аталмыш ел Қазақстанмен осы бағытта жемісті ынтымақтастық қарым-қатынаста жұмыс жүргізіп келеді. Мәселен, осыдан екі жыл бұрын Нидерландтың елге саудалаған ауылшаруашылығы және бақшалық өнімдерінің көлемі жүз миллион еуродан асқан, бұл көрсеткіштің айтарлықтай бөлігі жылыжай шаруашылығындағы жобалардың үлесіне тиесілі. Қазіргі кезде мемлекетте қырықтан аса голландиялық ауылшаруашылығы кәсіпорны қызмет етеді. Бүгінде екі ел арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және нығайту мақсатында Нидерланды Корольдігінің Елшілігі голландиялық бизнесмендердің жергілікті аграршыларымен кездесуін тұрақты түрде өткізіп келеді.

ТОЛАҒАЙЛАР ТАРТЫСЫ

Талдықорғандағы «Жастар» спорт кешенінде ерлер мен әйелдер арасында ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының жеке командалық чемпионаты жалауын желбіретті. Байрақты бәсекеде еліміздің барлық аймақтарынан сен тұр мен атайын деген 150-ге жуық зілтемірші сынға түседі.

Шара облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омардың алғысөзімен бастау алды. Ол:

— Қазақстанның Көк байрағын әлемге желбіретіп жүрген спортшыларымыздың қатары күннен-күнге артып келеді. Ол — Елбасымыздың спортқа үлкен көңіл бөлуінің арқасы. Сондықтан да өңірімізде жарыстар жиі ұйымдастырылып, даңқты спортшылар шығуда. Ауыр атлетикадан облысымыз тек қана елімізде ғана емес, әлемге аты шыққан спортшыларды тәрбиелеген үлкен мектеп. Бүгінгі дода біз үшін айрықша. Өйткені Көк Туымызды желбіретіп, абыройымызды асқақтататын спортшылар осындай елішілік жарыстарда анықталады, — дей келе, жарысты ашық деп жариялады. Осыдан кейін ауыр атлетикадан мемлекеттік жаттықтырушы Тәпсір Меңдіхан сөз кезегін алып спортшыларға сәттілік тіледі.

Аталмыш дода ішкі біріншіліктердің арасындағы ең маңыздысы. Өйткені, бұл сайыс әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындарының алдындағы іріктеу болып саналады. Осы сыннан іркілмей өткен үздік зілтеміршілер қараша мен желтоқсан айында өтетін әлем чемпионатына жол тартады. Сондықтан да тау көтерген толағайлар жан алып, жан берісетіні анық. Бес күн бойы Жетісу жерін дүбірге бөлейтін айқасты көруге келген жанкүйерлердің саны есепсіз. Алғашқы жарыс күні де басталып кетті. Жарысқа жиналған зілтеміршілер алғашқы кезеңнен-ақ барын салып өнер көрсетіп, сайысқа тыңғылықты дайындықпен келгенін дәлелдеді. Барлығы бір-біріне тегеурінді қарсыластар. Алда тартысты кездесулер күтіп тұр.

ТҰРҒЫНДАРҒА КӨМЕК БЕРДІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Омархан ӨКСІКБАЕВ Панфилов, Ұйғыр, Балқаш аудандарына жұмыс сапарымен келді.

Панфилов ауданында «Қорғас — Шығыс қақпасындағы» «Жаркент фрукт» ЖШС еңбек ұжымымен кездесіп, аудан тұрғындарының әлеуметтік даму жағдайымен жіті танысып, халықтың өзекті мәселелеріне назар аударды.

Ел қалаулысы Ұйғыр ауданына да ат басын бұрып, шонжылық тұрғындармен және аудандық ауруханаының еңбек ұжымымен жүздесті. Омархан Нұртайұлы ауызбіршілігі ажырамаған, бірлігі мен тірлігі жарасқан өңірдің бүгінгі даму беталысына оң баға берді.

Жері де, елі де бай киелі Балқаш өңірінің халқы Омархан Нұртайұлын құшақ жая қарсы алып, еңбекпен зор жетістікке жеткен «Динара ранчо» ЖШС мен «Береке» агрофирмасының бүгінгі беталысымен таныстырып, еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Сондай-ақ, аудандық партия филиалының ғимаратында бірнеше азаматты жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Депутаттың көмегіне жүгініп, мұң-мұқтажын айта келген Айман Мергенбаева жолдасының мүгедектігі мен отбасылық жағдайының төмендігіне байланысты мектеп жасындағы балаларына киім алу мүмкіндігі жоқтығын жеткізді. Жағдайға бірден жіті көңіл бөлген Омархан Нұртайұлы көпбалалы анаға өз атынан көмек көрсетіп, баласына қажет заттарды алып берді. Қабылдауда Әсел Садықова орта білім туралы аттестат алу туралы сұрап, арнайы кәсіптік колледжге оқуға түсікі келетіні туралы айтты. Бұл ұмтылысын құп көрген депутат Әселге де көмек қолын созып, мәселесінің оңтайлы шешілуіне ықпал етті.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Жуырда облыстық экология департаментінің басшысы Қонысбек Байеділовтың бастауымен мекемеміздің бөлім басшылары С.Тобаяқова, Т. Байғуатов, бас мамандар Ә. Асбекова, Д. Нұрқасымов, Ә. Адамбекова, Ғ. Бектұрова және А. Әлиевалар «ЭКСПО – 2017» көрмесін көріп қайтты.

Көрмеге барып қайтты

Олар көрмені аралаумен бірге еліміздің экологиялық жағдайын түзеу барысында атқарылып жатқан керемет табыстармен танысып, көңіл көкжиегін кеңітіп оралды.

Олардың көрмеден алған әсерлері де ерекше. Осыған орай Сәуле Тобаяқова «Нұр Әлем» павильонынан алған әсерімен бөліссе, Тілеухан Байғуатов Ұлы Дала елінің баламалы энергия көздеріне бай екенін жеткізе баяндады. Ал Ғалия Бектұрова көрме қалашығының әдемілігі мен ондағы ғылымның жаңалықтарын тілге тиек етсе, Аида Әлиева болашақ энергиясы туралы көргендерімен бөлісті. Қысқасы, олардың алған әсері, көңілге түйгені бізді де әсерлендірді.

Сейдалы САРИЕВ,
Алматы облысы бойынша экология департаментінің бас маманы.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Облыста Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында «Рухани керуен» жобасы бастау алды. Облыстық дін істері басқармасы ұйымдастырған игі шараға облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР арнайы келіп, ақ жол тіледі.

КЕРУЕН ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін ілгерілету, дінімізді насихаттау, рухани құндылықтарды жеткізу, деструктивті діни ағымдарға қарсы күресу, тұрғындардың санасын жаңғырту және туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында жолға шыққан керуен сапары 3 айға созылады. 50-ге жуық әртүрлі сала мамандары өңірдегі қала, аудандарды аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізбекші. Талдықорған қаласының «Жастар» саябағында орын алған «Рухани керуен» жобасының салтанатты ашылуында Жақсылық Мұқашұлы:

– Әлемдегі діни ахуалдың қиындығына өздеріңіз куә болып жүрсіздер. Оның салқыны бізге де тиюде. Соған қарсы елдің иммунитетін ояту, экстремизмді болдырмау және асыл дініміз бен ежелден қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғырту мақсатында осындай жобаны қолға алдық, – деп игі шара жайлы әңгімеледі. Әрмен қарай сахна төрінде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт ақжарма тілегін білдірді. Ал ҚР Мәдениет қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы, кино актері Әлімғазы Райымбеков ақ батасын арнады.

«Рухани керуен» жобасы аясында құрылған жұмыс тобы елді мекендерді аралау барысында «Рухани жаңғыру: ел ертеңінің бастауы» тақырыбында зиялы қауым өкілдерімен сұхбат өткізеді. Сондай-ақ, «Денсаулық – болашақ кепілі!» тақырыбында діни себептермен екпе, қан құюдан бас тартқан азаматтармен жұмыс, «Рухани жаңғыру: туған жер – алтын бесік» атты сурет және кітап көрмесі, «Ақпараттық түсіндіру жұмысы – діни сауаттылықты арттырып, рухани байлығымызды дәріптейді» тақырыбында білікті дінтанушы ғалымдармен «дөңгелек үстел» ұйымдастырылады. Деструктивті діни ағым ықпалына түскен азаматтарды оңалту, «Рухани мұра» атты концерттік бағдарлама, шығармашылық топтың мәдени-рухани «Дертке дауа – Хақ жолы» қойылымдары қойылады.

Жұмыс тобы қыркүйек айында Жамбыл, Қарасай, Талғар, Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарын араласа, қазан айында Панфилов, Ұйғыр, Райымбек, Еңбекшіқазақ, Іле аудандары мен Қапшағай қаласына сапар шегеді. Ал қараша айында Көксу, Кербұлақ, Балқаш, Ескелді, Қаратал аудандары мен Текелі, Талдықорған қаласында өткізеді.

СЕЛЕКТОР

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРАЛДЫ

Бұл жолғы Үкімет отырысында алдағы қысқа дайындық, электр энергиясын үнемдеу және «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында білім беру нысандарын салу барысы қаралды. Осыған байланысты атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде салаға жауапты министрлер мен бірқатар өңір әкімдері хабарлама жасады.

Алдымен ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев елдегі энергия таратушы кәсіпорындардың қысқа дайындық жұмыстарының аяқталуға жақындағанын мәлімдеді. Биыл 10 энергия торабына, 61 энергетикалық қазандыққа және 49 турбинаға жөндеу жұмыстарын жүргізу көзделген. Сондай-ақ, жалпы ұзындығы 25 мың шақырым электр тарату желісін, 6 300 аралық стансыны жөндеу жоспарланған. Бүгінде осы бойынша жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Электр стансыларында 3,7 млн. тонна көмір қоры, 82 мың тонна мазут бар.

Бұдан өзге, министр елдің газ-көлік инфрақұрылымы нысандарының штаттық режимде жұмыс істеп тұрғанын, оларға техникалық қызмет көрсету жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқанын баяндады. Қазақстанның оңтүстік өңірлерін жылыту кезеңіне газбен жабдықтау «Қазақстан-Қытай», «БГР-ТБА», «Бейнеу-Шымкент» газ құбырларымен газ жеткізу арқылы және Амангелді кен орнының газы есебінен қамтамасыз етілмек.

ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек жылыту маусымына дайындық мақсатында жұмыс жоспарының бекітілгенін атап өтті. Қазан айының ортасына дейін барлық нысанды, соның ішінде дербес қазандықтар мен инженерлік желілерді дайындау жұмыстары толық аяқталмақ. Қазіргі таңда 11 мыңнан аса білім беру нысаны толықтай жөнделген. Денсаулық сақтау бойынша 6 445 нысанды жөндеу көзделсе, бүгінде соның 98 пайызы дайын. Сондай-ақ, жоспарланған 2 113 шақырым жылу желісінің 2 000 шақырымы жөнделген.

Бүгінде Алматы, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарының жылу желілері шамамен 85 пайызға әзір. Сумен жабдықтау желілерін дайындау бойынша жоспардағы 2 040 шақырымның 87,6 пайызына жөндеу жүргізілген. Дербес қазандықтардың отынға деген қажеттілігі алдағы маусымда 1 227 мың тонна көмір, 122 мың тонна мазутты құрайды. Бүгінге дейін 1 070 мың тонна көмір, 63,6 мың тонна мазут жеткізілген.

ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің айтуынша, министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, алдағы жылыту маусымына дайындық жұмыстарына мониторинг жүргізуде. Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктерінің берген мәліметіне қарағанда, жылыту маусымына 2 617 мемлекеттік балабақшасы, 7 094 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп, 473 колледж және 130 жоғары оқу орны дайындалған.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов елде 5 774 (жалгерлік және жекеменшік нысандарды есепке алмағанда) денсаулық сақтау нысаны жұмыс істейтінін атап өтті. Олардың 822-сі орталықтан, 312-сі электрмен, 3 815-сі қатты әрі сұйық отынмен және 825-і газ жабдығымен жылытылады. Республикалық маңызы бар 41 нысанның қысқа дайындығы 98 пайызды құрайды, 37 нысан әзірлік актісін алған, 4 нысанда жұмыс жалғасуда және оны қыркүйек айының соңына дейін аяқтау көзделіпті.

Сондай-ақ, қазір Үлт жоспарының 59 қадамын жүзеге асыруда энергия үнемдеуге ынталандыру мақсатында сервистік қызметтер нарығын дамыту жұмыстары жүргізілуде. ИИДМБ аясында жылу ұстағыш материалдарды, энергия үнемдейтін шамдарды, энергия тиімділігін арттыратын электр жабдықтарын шығару бойынша бірқатар жоба жүзеге асырылған. Таяу жылдарға ведомствоның алдында екі ірі міндет қойылыпты. Олар: энергия үнемдеуге ынталандыру тетіктерін кеңейту және энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру. Яғни, ол жергілікті атқарушы органдардың энергия үнемдеудің аймақтық саясатын жүзеге асыру бойынша рөлі мен жауапкершілігін арттыруды және мемлекеттік бақылау тиімділігін көтеруді қарастырмақ.

Осы ретте Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев күн тәртібінде қаралған мәселелерге байланысты нақты тапсырмалар жүктей отырып, энергия тиімділігі бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне Энергетика, Ауылшаруашылығы министрліктерімен бірлесіп, өнім бірлігін өндірудегі энергия тұтыну нормативтерін белгілеу мәселесін пысықтауды тапсырды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

2-бет
Ақындар мен батырлар елінен бастады

3-бет
Өлең – сөздің патшасы...

4-бет
Аң аулау маусымы ашылды

КӘСІБІ — НӘСІБІ

Райымбек ауданының орталығы Кеген ауылында қараусыз қалған және тозған ғимараттар бар. Оларды жаңарту үшін әкімшілік инвесторларды іздеу үстінде. Бірнеше ай бұрын осындай қараусыз қалған нысанның бірін аудан тұрғыны Аслан Баянғожаев жалға алды. Аз уақытта ғимарат ішін жөндеп, онда мал соятын цех ашты. Бизнес жоба аудан тұрғындары мен билік өкілдері тарапынан қызу қолдау тапты.

МАЛ СОЮ ЦЕХЫН АШТЫ

Жетісу
Қажет АНДАС

Цех Аслан Баянғожаев үшін алғашқы кәсіпкерлік нысаны. Бұған дейін ол кәсіпкерлер палатасының Райымбек аудандық филиалының қолдауымен «Бизнес-Кеңесші» жобасына жазылып, кәсіпкерлік негіздерінің оқуын тамамдады. Кейін жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, мал союцехын ашу ниетін білдірді.

– Кәсіпкердің жобасы бойынша ғимаратты жалға беру мәселесін қарастырып, қажетті құжаттарды жинай бастадық. Жалпы, бұл цех аудандағы барлық талапқа сай ашылған алғашқы орын. Шаруа қожалықтарының көптігіне қарамастан кез келгенінің жеке қасапхана жасауға мүмкіндігі жете бермейді. Сондықтан, бұл бизнес түрі өте табысты және болашағы зор, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының Райымбек аудандық филиалының директоры Жанна Қырғызалықызы.

Бүгінгі таңда қасапханада қажетті құрал-жабдықтардың барлығы бар. Мал жинайтын алаң, соятын жер мен өнімді сақтайтын, мұздататын камералар дайындалған. «Райымбек Ет» деп аталатын цехта төрт адам жұмыс істейді. Аптасына 30-дан астам мал сойылады.

– Етті Кегендегі орталық базарда сатамыз. Бірақ, өнімнің басым бөлігі Алматы қаласындағы сауда нысандарына шығарылады. Себебі, онда біздің етке сұраныс жоғары. Алдағы уақытта цехты кеңейтіп, өнім көлемін арттыруды жоспарлап отырмыз, – дейді кәсіпкер.

Аслан Баянғожаев ауылда мал базарын ұйымдастыруды да қолға алмақ.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясындағы «Рухани керуен» жобасымен облыс орталығынан аттанған жұмыс тобы Жамбыл ауданына келді. Құрамына облыстық басқармалар мен Жетісу өңірінің зиялы қауым өкілдері енген керуен аудан орталығында бір күн бойы әртүрлі шаралар өткізді.



АҚЫНДАР МЕН БАТЫРЛАР ЕЛІНЕН БАСТАДЫ

Жетісу

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруындағы делегация алдымен Ұлы Отан соғысы боздақтарының ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудан активімен жүздесті. Кездесуде облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов «Рухани керуен» жобасының мақсат-міндетімен таныстырды. Үш айдың ішінде аудан, қалаларды түгел аралап шығуды мақсат еткен сапарды осы ауданнан бастаудың өзі тегін еместігін тілге тиек етті. Сүйінбай мен Жамбылдай арқалы ақындардың, Қарасайдай батырлардың елі рухани дүниеге бай киелі мекен. Тамыры терең, өзегі өлең жұрт. Ұлт дәстүрін ұлықтауда өзгеге берер өнегесі мол. Сондықтан осы жерден басталған істің сәтті боларына сенімді екенін атап өтті.

Жұмыс тобының құрамындағы елге белгілі спорт ардагері, Әлем және Олимпиада чемпионы болған даңқты балуан, облыстың Құрметті азаматы, бүгінде кәсіпкерлік қызметте көпке үлгі болып жүрген Жақсылық Үшкемпіров ұлттық рух, намыс төңірегінде тереңнен ой қозғады. Жиында сондай-ақ аудандық «Ақ әжелер» халықтық-этнографиялық ансамблінің көркемдік жетекшісі, ардагер-ұстаз Күміс Кемелбекова, Талғар ауданының Құрметті азаматы, ақын-сазгер Кәмнұр Тәлімов, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Алматы өңірі бойынша өкіл имамы Қуаныш Наржанов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қырғызбек Атагелдиев рухани жаңғыру, ұлттың асыл мұраларын сақтау төңірегіндегі ой-пікірлерін ортаға салды.

Аудандық кітапханадағы «Рухани жаңғыру: ел ертеңінің бастауы» тақырыбындағы зиялы қауым өкілдерімен сұхбат та пайдасы мол пайымдауларымен мазмұнды өтті. Кездесуді аудан әкімінің орынбасары Дастан Шалтабаев жүргізді. Оқырман залындағы «Туған елім – тұғырым» атты кітап көрмесімен танысқан көпшілік рухани керуеншілердің тағылымды әңгімелерін тыңдап, өздері де пікір білдірді. Аудан елді мекендерінен ақсақалдар, ардагер-мұғалімдері қатысқан шарада Ұзынағаш селолық округінің әкімі Ескелді Қасымовтың ауылдағы діни ахуал туралы хабарламасы тыңдалды.

Облыстың құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен тұратын енді бір топ Ұзынағаш және Қарғалы ауылдарында жат діни ағымдардың ықпалына түскен азаматтармен оңалту жұмыстарын жүргізді. Ал жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мамандары деструктивке шалдыққан отбасы мүшелерін қоғамға бейімдеу мақсатымен олармен аудандық кітапханада кездесті. «Рухани жаңғыру: жарқын істердің бастамасы» тақырыбында өткен шарада олардың әлеуметтік мәселелерін шешу жолдары жан-жақты қарастырылды.

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында «Дінаралық татулық – болашаққа нық қадам» тақырыбында діни бірлестік жетекшілерімен өткен кездесу де мазмұнды. Дін істері басқармасының басшысы Рахмет Разбекұлы мен аудан әкімінің орынбасары Дастан Шалтабаев жүргізген жүздесуге негізінен имамдар жиналды. Сонымен қатар спорт кешенінде «Дін бірлігі – ел тұтастығының кепілі» айдарында волейболдан жарыс тартысты өтті. Оған төрт команда: имамдар, жастар, облыстық дін істері басқармасы және ауданның әртүрлі спорт түрлерінен жеңімпаз спортшылардан құралған командалар қатысты.

Кешкісін аудандық Мәдениет үйінде «Рухани мұра» атты концерттік бағдарлама тамашаланып, Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның әртістері және аудандық «Сүйінбай сазы» ансамблі ән мен жырдан шашу шашты. Кәделі әндер, жақұт жырлар, тағылымды термелер орындалғаннан кейін көрермен назарына облыстық Бикен Римова атындағы драма театрының «Дертке дауа–Хақ жолы» атты әсерлі әлеуметтік драмасы ұсынылды. Діни экстремизм мен терроризм жетегінде кеткен жігіттің тағдыры сомдалған спектакльдің жас көрерменге берер тағылымы мол болды.

Жамбыл ауданы.

«ӘЛЕМ БАРЫСЫ»

ТҮЙЕ БАЛУАНДАР БЕЛДЕСЕДІ

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте 8 қыркүйек күні Астанадағы «Барыс Аренада» қазақ күресінен «Әлем Барысы» атауымен түйе балуандар арасында өтетін әлем чемпионаты жайлы сөз болды.

Жетісу

Қажет АНДАС

ЭКСПО халықаралық мамандандырылған көрмесі аясында ұйымдастырылып отырған беделді бәсекеге 40 елдің балуаны қатысады. Шетелдік спортшыларға Қазақстанның төрт балуаны қарсы шығады. Еске сала кетсек, 22 тамыздан бастап қазақ күресінен Қазақстан Ұлттық құрамасы Астанада оқу-жаттығу жиынын өткізуде. Жиын нәтижесі бойынша бас жаттықтырушы Ерлан Естек бастаған бапкерлік кеңесінің шешімі бойынша бұл додаға Айбек Нұғымаров, Мұхит Тұрсынов, Айбат Сейтен және Дәурен Нұралинов, сонымен қатар, биылғы «Қазақстан Барысы» жеңімпазы Еламан Ерғалиев, танымал түйе балуан Ержан Шынкеевтің қатысуы бек мүмкін.

«Әлем Барысы» осымен екінші рет өткелі тұр. 2014 жылы алғашқы турнирге 35 елдің апайтөс балуандары қатысты. Осы реткі біріншіліктің жалпы жүлде қоры 30 миллион теңге. Оның 15 миллионы жеңімпазға тиесілі. Дәстүр бойынша, алтын, күміс және қола белбеулер де қарастырылған. Жанкүйерлер де жүлдесіз қалмайды. Көрермендер арасында Renault Logan автокөлігі ойнатылады. Сондай-ақ, жарыс шарты бойынша, барлық қатысушыға қазақ күресіне арналған спорттық күртеше мен аяққием беріледі.

Балуандарға фотосессия ұйымдастырылып, шетелдік төрешілерге қазақ күресінің ережелері бойынша семинар өткізу жоспарланған.

ТУРИЗМ

Облыста мемлекеттік қолдаудың арқасында экстремальді туризм дамып келеді. «Рафт–Сервис» ЖШС туристік компаниясы 2005 жылдың мамыр айында сауда компаниясы ретінде құрылып, бір жылдан соң ішкі туризмге көшеді. Содан бері аталмыш саламен айналысуда.

ДАМУ ЖОЛЫНДА

Компания Ішкі туризм қауымдастығына тіркелген. Белсенді көрмелерге де қатысады. Ішкі туризм бойынша көптеген серіктесі бар. «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаржыландырылып, нәтижесінде Шелек өзенінде кемпинг лагерін ұйымдастыру жобасын жүзеге асырды. Негізінен су туризмі, тимбилдинг бойынша қызметтер көрсетеді. Сондай-ақ, пәйнтбол, қыс кезінде шанамен сырғанау сияқты басқа да ойын түрін ұйымдастырып, табиғат аясында сейіл құруға ықпал етеді. Ойындар Іле, Түрген, Шелек, Шарын, Көксу, Қаркара өзендерінде ұйымдастырылады.

«Ұлы Жібек жолындағы Кемпинг лагері экологиялық туризмнің беделін арттыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ, бұл елдің имиджі саналады. Кемпинг лагерінде демалушылар үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Яғни, бұл табиғат аясында саяхат жасаушылар легін ұлғайтуға мүмкіндік береді», – дейді аталмыш серіктестіктің басшысы Сергей Крадинов.

Компания жылдық 14 пайызбен 20 000 000 теңгеге қаржыландырылды, оның 10 пайызын мемлекет субсидиялайды. Бұған қоса кәсіпкер «Даму» қорының кепілдігін алды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ

Елде Мемлекет басшысының Жарлығымен 2013 жылғы мамырда Қазақстанның «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы қабылданып, бұл орайдағы міндеттер белгіленді. Сонымен индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы және «ЭКСПО – 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу жоспары аясында «Жасыл экономиканы» игерудегі алғашқы қадам жасалды. Экологияны жақсарту қамымен Астана маңында қолға алынған жасыл белдеу бүгінде ну орманға айналды. Иә, жағымды жетістіктер жеткілікті. Десе де, елдегі энергияның 99% бүгінде дәстүрлі қуат көздерінен өндіріледі. Ал табиғи қуат көздерінен өндірілетін энергияның үлесі 1%-дан аспайды. Ал дамыған елдерде энергияның әр бесінші киловатт-сағаты «Жасыл экономикаға» тиесілі.

Шетелдерде жасыл технологияның дамуы, экологиялық жаңғыру идеялары XX ғасырдың 80-90 жылдары қарқын алды. Басты алғышарты – екі есе ұту ұстанымына сүйене отырып, бұл идея мақсатқа сай экономикалық өсімге қол жеткізумен қатар ресурстарды үнемдеу және жасыл инновацияны ендіруші компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашты. «Жасыл экономика» бағдарламасы 2009 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумда жаһандық дамудың бірден-бір жолы деп танылды.

Аталған бағдарламаны ауыл-шаруашылығында қолданып, одан жоғары және сапалы өнім өндіру, суармалы жердің көлемін ұлғайтып, жұмсалатын су мөлшерін азайтады. Бұл күннен-күнге өсіп келе жатқан су ресурстарының тапшылығына, су ресурстары сапасының нашарлауына, суармалы жерлердің тұздануына тікелей байланысты. Жаһандық климаттың жылынуына байланысты жылдан жылға үдеп келе жатқан су тапшылығынан әсіресе Орта Азия елдерінде суды тиімді пайдалануды жолы мен тәсілін іздестіру, су тапшылығына төзімді дақылдар мен олардың сорттарын іріктеу бүгінгі күннің ең өзекті мәселесіне айналып отыр. Бұл мәселені ойдағыдай шешу болашақта елдің азық-түлік және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты екені даусыз. Сондықтан еліміз кейінгі жылдары тамшылатып суару технологиясын тиімді пайдалана бастады.

Тамшылатып суару басқа суару түріне қарағанда тиімді. Тіпті шетелдік ғалымдар тамшылатып суарудың басқа суару түрімен салыстырғанда жоғары өнімділікке қол жеткізетінін анықтап отыр. Тамшылатып суару барысында жамылғы пленкаларын қолдану ылғалды сақтап қана қоймайды, арамшөптермен күресуде де тиімді. Бұл технология Қытайда ғана емес, Пәкістан, Мозамбик, Нигерия, тағы басқа елдерде 1 млн. гектардан астам жерде кең қолданылуда. Тамшылатып суару технологиясы негізінен жеміс, көкөніс, қант қызылшасы, мақта, жүгері, майбұршақ, тағы басқа дақылдар өсіруде қолданылады.

Елдің оңтүстік аудандарында тамшылатып суару жүйесі пайдаланылатын егістіктің көлемін арттырып, оған демеуқаржы бөлу көзделуде. Мұндай технологияны Қарасай ауданы 2012 жылдан бастап Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы институты суармалы егіншілік бөлімінің тәжірибелік жерінде күріш, қант қызылшасы, майбұршақ, жүгері, күздік бидай дақылдарына қолдана бастады. Атқарылып жатқан ғылыми-тәжірибелік жұмыстың басты мақсаты – аталған дақылдарды өсірудің толық технологиясына тамшылатып суару тәсілін енгізу.



Бір мезетте суару лентасымен жамылғы пленкасын жабу арқылы себу

Атқарылып жатқан ғылыми жұмысқа егіншілік бөлімінің жетекшісі, ауыл-шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Жұмағали Оспанбаев жетекшілік етеді.

Тамшылатып суару технологиясына келсек, алдымен топырақ өңделеді, сосын арнайы техникамен суару түтікшелері тартылады. Сол түтікшелердің үстіне үлкен арнайы пленка төселеді, оның екі жанына дискімен топырақ жабылады. Содан соң арнайы сепкішпен пленканы тесіп дақыл себіледі. Пленка жерге арамшөпті өсірмейді. Ол шамалы уақыттан кейін ыдырап жоқ болады. Қосымша қаражатты қажет етпейді. Нәтижесінде, арамшөп тарамайды. Екінші жағынан, тамшылатып суарғанда су жүйесімен таралатын арамшөп тұқымы мүлде болмайды. Себебі, су жүйесінде сүзгіш орнатылған. Егіс арамшөптен таза болады. Сондықтан егілген дақылдардан мол да сапалы өнім жиналады.

Жамылғы пленканы пайдаланып тамшылатып суару әдісі күріш, жүгері мен майбұршақ дақылдары өскіндерінің ерте және біркелкі өсіп шығуына, олардың пәрменді өсіп дамуына, өнімділігінің жоғарылауына жақсы әсер етеді. Тамшылатып суарғанда жамылғы пленканы пайдалану егістіктің арамшөптермен ластануын азайтады. Бұл егістікте қол жұмысын немесе механикалық және химиялық әдістерді пайдалануды шектейді. Жүгері мен майбұршақ дақылдары үшін жамылғы пленканы пайдаланып жер үстімен тамшылатып суару, ал қант қызылшасын өсіру үшін пленкасыз жерастымен тамшылатып суару ең қолайлы. Тамшылату әдісін пайдаланғанда дақылдарды суғаруға кететін су мөлшері 2,5-3 есе қысқарады. Екінші жылдың зерттеулері күрішті тамшылатып суарудың ең тиімді тәсілі жерасты арқылы суару екенін дәлелдеп отыр. Бұл орайда су мөлшері 5-10 есе қысқарады.

Осы айтылған технологияны қолданып, биылдан бастап «Әлмес» ЖШС егіс алқабында күріш, майбұршақ, жүгері, сорго, могар дақылдары себіліп, тәжірибеден өтуде. Қазіргі кезде айтылған дақылдардың шығымдылығы орташа, қажетті жұмыстар толығымен атқарылып жатыр.

Айта кететін мәселе, күріш дақылын тамшылатып суару жұмысына электр, күн сәулесінің қуаты пайдаланылады. Бұл бағытта Қазақ ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары тәжірибе жүргізіп жатыр. Онда күріштің 12 сорты сынақтан өтуде. Республика көлемінде аудандастырылған сорттар да бар. Жекелеп алғанда айтылған күріш сортының пісу мерзімі 90-110 күннің арасында. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты Балқаш ауданы жағдайында қандай сорт түрі аудандастыруға жарамды, олардың өнімділігін, жер жағдайына төзімділігін сынақтан өткізу. Сол арқылы тұқым шаруашылығымен айналысып, демеуқаржы алу жағын қарастыру. Атқарылып жатқан ғылыми жұмысқа ауылшаруашылығы ғылымының докторы, республикаға белгілі «Ақмаржан» сортының авторы Құрманбек Бәкіровлы жетекшілік етеді.

Өткенге үңілсек, 1970–1980 жылдары Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары Ақдалада күріштің ауыспалы егісін игерсе, 1974–1980 жылдары бұрынғы «50 жылдық» кеңшарының ауыр топырақ түріне егілген күріштің шығуы шыққанымен толығымен құрап қалатын жағдайын сынақтан өткізіп, бұл топырақтағы химиялық элемент бордың әсерінен болатынын анықтады. Оған қарсы, яғни, күріш солып қалмауы үшін мырыш тыңайтқышын қолданып, бордың әсерін төмендетіп күріштің өсуіне қолайлы жағдай жасалды. Осыдан кейін Ақдаланың топырақ құрамы жақсарып, дақыл өнімділігі көтерілгені белгілі. Сол қатарда күріштің жаңа сорттары егіліп, оны өсірудің жаңа технологиясы күріш ауыспалы егісінде қолданылды. Ол «Іле» тәжірибе шаруашылығында атқарылды. Ал «Әлмес» ЖШС егіс алқабында жүзеге асыра бастаған тамшылатып суару технологиясының да берері аз болмайды.

Жұмағали ОСПАНБАЕВ,
Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-дың егіншілік бөлімінің меңгерушісі, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор.
Ермек ӨНЕРБЕКОВ,
«Әлмес» ЖШС директоры.
Созақбай САДЫҚОВ,
ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты.



102 БАЛАНЫҢ ӘКЕСІ



Аталық ұрық донорлығы ережесіне салғырт қараған еркек абайсызда 102 баланың әкесі атанды. Донор болған азамат бар болғаны әйелдер қауымын бақытқа кенелткісі келгенін мойындады.

Анығырақ айтсақ, есімін құпия сақтаған нидерландық ер адам донорлық ережелерін сақтамай, өзінің ұрығын 11 клиникаға тапсырған. Кейін бірден 102 баланың әкесі атанып шыға келген. Нидерландта жасанды жолмен ұрықтандыру клиникалары қайта тексеріліп, заңдық тұрғыда тергеу басталды. Тергеу барысында елдің Денсаулық сақтау министрлігі клиникаларда донорларға бақылау жасалмайтын бірнеше жағдайды анықтады. Жалпы Нидерландта бекітілген ережеге сәйкес, донор болмас бұрын ер азаматтар өз ұрықтарын тек бір клиникаға тапсыратындығына байланысты келісімге қол қоюға тиіс.

КЕЗДЕСПЕГЕНІ ҮШІН ҚОЛЫН КЕСТІ



Үндістанның Уттар-Прадеш штатында 15 жасар қыз 19 жастағы Винод Чуразиямен кездесуден бас тартқаны үшін қолдарынан айырылды. Бұл жайлы «Daily Mail» басылымы хабарлады.

Жергілікті полиция қызметкерлерінің мәліметінше, жас жігіт қолына семсер алып, қыз жүрген базарға келген. Қыздың қасында туған ағасы болған. Винод оқушы қызды кездесуге баруға ұзақ үгіттейді. Оның қарсылығын естіген соң ашуға ерік беріп, сүйіктісінің қолдарын білегінен кесіп тастаған. Қолын кескеннен кейін өкінудің орнына тағы бірнеше жерін жаралаған. Сол маңайдағы адамдар қызға араша түсіп үлгерді. 15 жастағы оқушы қыз ауыр жағдайда ауруханаға жеткізілді. Ол көп қан жоғалтқан. Қазір полиция қызметкерлері қыздың қаскүнемге қарсы түсініктеме беруі үшін оның жағдайының оңалғанын күтіп отыр. Жігіттің мұндай менмендігі мен жүйкесінің жұқалығы қыздың болашағына балта шапты. Сонымен бірге, өзі де темір торға тоғытылмақ.

ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР ПОЙЫЗЫ



Таңғы және кешкі жұмыстан қайтар уақытта қоғамдық көліктер мен пойызда иін тірескен жолаушыда есеп болмайды. Бір-біріне тақалып тұрған ерлер мен әйелдер сырт көзге тіптен әбес көрінеді. Сондықтан, ерлер мен әйелдер пойызы екі бөлек жүргені жөн.

Ұлыбританияның министрлер кабинетінің мүшесі Крис Уильмсон осындай идея ұсынды. Бұл туралы «Telegraph» басылымы жазды. Кристің айтуынша, мұндай шешім әйелдер үшін «қауіпсіз кеңістік» құруға жасалған қадам болар еді. Өйткені, елде соңғы бес жылда пойыздардағы сексуалдық сипаттағы қылмыс түрлері екі есеге артқан. Басылымның жазуынша, 2016-2017 жылдары британ полициясы 1448 қылмыстық оқиғаны тіркеген. Ең алғаш мұндай бастаманы 2015 жылғы сайлау науқаны кезінде лейбористік партия көшбасшысы Джереми Корбин көтерген. Алайда жұртшылықтың, сондай-ақ әйел депутаттар тарапынан айтылған сыннан кейін бұл жоспар жүзеге асырылмай қалды.

БЛОГЕР БОЙЖЕТКЕН



Сағаттап тікелей эфирге шығуға маманданған Қытай елінің ең бай блогері Леле Тао орташа алғанда жылына 448 мың доллар табыс табатынын айтты. Бойжеткен елдегі ең көп ақы төленетін блогерлердің бірі саналады.

24 жастағы ғаламтор жұлдызы бірнеше сағат бойы камераның алдында отырып, ән айтып, би билейді. Блогер қыз тікелей эфирге үш сағат бойы дайындалады, ал трансляция тоғыз сағатқа дейін созылады. Тао өзінің миллиондаған аудиториясының алдында макияжсыз шықпаған көрінеді, себебі басқа да блогер қыздар тарапынан бәсеке жоғары. «Мен басқалардың менен әдемі және менен артық екенін білемін, сондықтан аудиторияны жинау үшін көп жұмыс істеуім керек»,— деп атап өтті қытайлық бойжеткен. Бойжеткен онлайн аудиторияның алдына 18 жасынан бастап шығуда. Ол агенттікпен ынтымақтасып жұмыс жасайды, сондықтан серіктестерінің көптеген талабын орындауға мәжбүр. Сондай-ақ, оның табысының бір бөлігін агенттік алып отырады.

СОҒЫС ҚҰЖАТТАРЫ ҚҰПИЯ ЕМЕС



Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағаты Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі барлық дерлік құпия істерді жария етті. Тек құпия ретінде 10 миллион құжаттың 2 мыңға жуығы ғана қалып отыр.

Бұл туралы мұрағаттың бас құжаттанушысы Виктория Каяева мәлім етті. «Орталық мұрағат құпия құжаттарды жария ету бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде. Бүгінгі күні құпия таңбасы бар істер көп қалмады, ары кетсе 2 мыңнан сәл асады»,— деді В. Каяева. Оның атап өтуінше, мұрағатта Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі құжаттардың барлығында құпия таңбасы болған. «Бұл құжаттарда қандай ақпараттың болғанына қарамастан, сақтап қалу мақсатында осылай жариялап отырмыз»,— деп нақтылады ол. Сондай-ақ, мұрағат қоғамға қызықты деген жекелеген құпия құжаттарды өз бетімен жариялайды. Алайда олар бойынша шешімді орталық сарапшылар комиссиясы қабылдауы тиіс.

Жетісу
1918 – 2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ДІН БІРЛІГІ – ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы көптеген ізгі шараларға түрткі болғаны анық. Соның ішінде, адамзаттың асыл қазынасы – діни наным-сенімдеріне қатысты айтылған ойлары да жұртшылықтың назарынан тыс қала қойған жоқ. Облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруымен жолға шыққан «Рухани керуен» осының айқын айғағы бола алады.



Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Құрамында облыстың басқарма басшылары, өлкеміздегі танымал өнер тарландары мен зиялы қауым өкілдері бар керуен алдымен Жамбыл ауданында болып, екінші күні қасиетті Қарасай жеріне ат басын тіреген. Ұлтымыздың салт-дәстүрін ұлықтайтын жұртшылық өз жұмысын дәстүр бойынша ата-бабалар рухына тағзым етуден бастап, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтарға арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Осыдан кейін аудан әкімдігінің жиынжайында аудан активі, діни бірлестіктердің басшылары және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен «Дінаралық татулық – болашаққа қадам» тақырыбында жиын бастау алған. Алқалы басқосуды ашып, жүргізіп отырған Қарасай ауданы әкімінің орынбасары Айжан Назарбаева жиылған қауымға «Рухани керуеннің» мақсат-мұратарын таныстырып өткеннен кейін алғашқы сөз кезегін осы топты басқарып келген облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетовке берді. Әлемде өңірлік соғыстар толастамай келеді. Осылардың көпшілігіне діни мәселелер негіз болып отырғаны да жасырын емес. Алдымен ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы адамдардың санасын улап, соңынан бір-біріне өшіккен түрлі діни ағымдардың өкілдерін қаруландырып, бір-біріне айдап салып отырған жайлар мыңдаған, миллиондаған адамдардың тағдырын тәлкекке айналдырып, өмірлерін қиып жатыр. Мемлекет, шекара дегенді білмейтін осынау қауіптен қалай қорғану керек? Бастауында бейбітшілік, ізгілік, қайырымдылық құндылықтары жатқан дін атын пайдаланып, арам ниеттерін жүзеге асырып жатқандарды қалай құрықтаған жөн?! Елімізде экстремизм мен терроризмнің етек алуына жол бермей, ата-бабаларымыз мінәжат еткен ислам дінінің тазалығын сақтау үшін не істеуіміз керек?! Рахмет Разбекұлының баяндамасы осы жайларды қамтыған.

Осыдан кейін мінберге көтерілген «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған маңызды мәселелерді жүйелей келіп, зайырлы әрі демократиялық мемлекетте қоғам мен діннің өзара келісімде қатар өмір сүруі турасында жан-жақты әңгіме қозғады.

Талғар ауданының Құрметті азаматы, ақын әрі сазгер Кәмнұр Тәлімұлы сөз қадірін өз қадірім деп түсініп, «Өнер алды қызыл тіл» деген ұстанымға бас иетін халқымыздың дінге қатысты өлеңдерін тілге тиек ете келіп, жұртшылықты ізгі істерге шақырса, Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының Алматы өңірі бойынша өкіл имамы Қуаныш Нұржанов жастардың діни сауаттылығын көтеру мәселесіне тоқтала отырып, осындай рухани керуендер аудан орталықтарына ғана емес, ауылдарға да барса деген тілегін жеткізді. Қаскелең қаласындағы Архангел Михаил шіркеуінің жетекшісі Владимир Дрямов христиан және ислам діндеріндегі адамзаттың құндылықтарына деген ұқсас және ортақ көзқарастарға тоқталып, діни экстремизм мен терроризмнің алын-алу жайында өз ойларын ортаға салды.

Аудан әкімдігіндегі үлкен жиын аяқталғаннан кейін керуен мүшелері бірнеше топқа бөлініп, түрлі тақырыптарда көптеген кездесулер өткізген. Атап айтқанда, Алтын ауыл орта мектебінің спорт залында діни бірлестіктер жетекшілерінің қатысуымен «Дін бірлігі – ел тұтастығы» деген ұранмен спорттық жарыстар өтсе, аудандық еңбек және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде «Рухани жаңғыру: жарқын істердің бастамасы» деген тақырыппен деструктивке шалдыққан отбасы мүшелерін қоғамға бейімдеу үшін әлеуметтік мәселелерін шешудің жолдары сарапқа салынды. Ал, аудандық ауруханада өткен басқосуда діни себептермен екпе егуден, науқастарға қан құюдан бас тартқан азаматтармен жұмыс мәселелері талқыланды.

Осы мезгілде аудандық кітапханада топ өкілдері ардагерлер кеңесінің мүшелерімен, аудан ақсақалдарымен келелі әңгіме өткізген болатын. «Ұлттық рух: рухани жаңғырудың негізі» деген тақырыпты өзек еткен бұл басқосуды Рахмет Разбекұлы ашып, соңынан «Ұлы мұра» қорының директоры, Алматы қаласы дін істері басқармасының ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Тимур Нүсіпханов, дін істері басқармасының теолог-маманы, облыстық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Қанат Мүтебаев, Қарасай ауданының бас имамы Ернар Мажен тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру, жастарды жат ағымдардан сақтау және күнделікті тірлікте діни негізде туындап жататын түрлі оқиғаларға қатысты ойларын ортаға салды. Соңынан аға буын өкілдерінің тақырыпқа қатысты көзқарастарын біліп, сауалдарына жауап берді.

Түстен кейін бағдарламаға сәйкес іс-шаралар аудандық Мәдениет үйінде жалғасын тапқан. Мұнда алдымен керуенмен келген өнер майталмандары «Рухани мұра» тақырыбында кәделі әндер, жақұт жырлар, тағылымды термелер, бағзы билерден тұратын мазмұнды концерт ұсынып, бейнефильмдерді көрсетсе, Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының әртістері қойған «Дертке дауа – Хақ жолы» атты спектакль өмірдегі қарапайым оқиғалар арқылы көрермендерін тура жолға жетелеген.


Әрине, бағдарлама ауқымды болғанымен бір күннің ішінде аса маңызды діни мәселелерді толықтай қамту мүмкін емес. Десе де, «Рухани керуен» мүшелері адамзаттың асыл құндылықтарын сақтай отырып, өркениетке бағыт алған еркін елдің азат ойын қалыптастыруға сүбелі үлес қосты деуге негіз бар.

Қарасай ауданы.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Астана қаласында өтіп жатқан «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесі қалашығындағы Швейцария павильонында «Оңтүстік Швейцарияның «Жасыл энергетикасы» тақырыбында конференция өтті. Жиынға қос мемлекеттің бірқатар жергілікті атқарушы билік органдары өкілдері, ірі компаниялар басшылары және кәсіпкерлер қатысты.

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСЕДІ



Басқосуды Швейцарияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Урс Шмид ашып, сөз сөйледі. «Біздің еліміз Қазақстанның экономикалық сенімді серіктесі саналады. 2005 жылдан бері Швейцариядан Қазақ елі экономикасына 15 миллиардтан астам АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйылған екен және салынған қаражат көлемі бойынша үшінші орында тұр. Бүгінде Орта Азиядағы бұл мемлекетте шамамен 40-тан астам компаниямыз табысты жұмыс істеуде», – деді ол.

Елшінің айтуынша, швейцарлық фармацевтикалық кәсіпорындар Қазақстан нарығына дәрі-дәрмек жеткізуде алда келеді. Бұдан бөлек, еліміз химия, ауылшаруашылығы өнімдерін, машина және машина жасау құрал-жабдықтарын, сонымен қатар швейцарлық сағаттарды сатып алуда. Ал Швейцарияда Қазақстанның мұнай өнімдеріне деген сұраныс жоғары. «Екіжақты экономикалық қарым-қатынас өте жақсы даму үстінде. Мәселен, осы «ЭКСПО – 2017» көрмесі аясында іргелі шаралар қолға алынды. Алматы облысы мен Тичино кантоны арасында бірқатар келісімдер жасалып, соның аясындағы алғашқы жұмыстар басталып кетті», – деді Урс Шмид.

Конференцияда Астана қаласы энергетика басқармасының басшысы Бақтыбек Жапаев елордадағы «жасыл» технология бағытындағы атқарылған шаруалар легімен таныстырса, Тичино кантоны сауда және өнеркәсіп палатасының Қазақстандағы ресми өкілі Лотти Альберто іскерлік байланыстар аясындағы жұмыстардың тиімділігін әңгімеледі.

Жиын «Инновация және энергетика» тақырыбындағы «дөңгелек үстел» отырысымен жалғасты. Онда швейцариялықтардың «ЭКСПО – 2017» көрмесіне әкелген жобалары таныстырылды.

Жеңіс ТҰЯҚОВ,
Алматы облысы әкімінің орынбасары:

– Өңіріміздегі бірқатар аудан өкілдерімен көрме кешеніндегі тиісті шаруалармен айналысудамыз. Көпшіліктің есінде болар, тамыз айының орта шенінде Алматы облысының басшысы Швейцария президенті Дорис Лойтхардтың қатысуымен өткен жиында бірқатар маңызды құжаттарға қол қойған болатын. Сол келісімнің аясында қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеудің тиімді тәжірибелерін облысымызда жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Аз мерзімнің ішінде ауыз толтырып айтарлықтай іс тындырдық деуге болады. Осы жиынға Швейцария билігі өздерінің аталған салада қызмет ететін компанияларын алып келді, яғни біз мәртебелі әріптестерімізбен екінші мәрте жүздесіп үлгердік. Бұл қолға алған істің қарқынды жүзеге асып жатқандығын аңғартады.

Сөз орайында айта кетейін, кеше ғана швейцариялықтармен гидростансы салу жөнінде келелі кездесу болды. Өйткені, Жетісу жерінде гидроресурстың әлеуеті жоғары екені мәлім. Енді, алдағы қазан айына Тичино әкімшілігі Алматы облысы бизнесмендерін өздеріне шақырды. Осы сапар барысында аграрлық сектордағы, туризм саласындағы тәжірибелерін сіңірсек деген ниеттеміз. Себебі, мамандардың айтуынша, Швейцарияның табиғаты, географиясы, өзге де тұстары біздің өңірмен өте ұқсас. Сондықтан бұл шаруалар нәтиже береді деген ойдамыз.

Асхат РАЙҚҰЛ.
Астана қаласы.

СЕМИНАР

ПАЙДАСЫ МОЛ ЖЫЛЫЖАЙ

Нидерланды Корольдігі шағын ел болғанымен ауылшаруашылығы және өнеркәсіп өнімін өндіру жағынан тәжірибесі мол. Сол өнімдерін экспорттауда әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орында тұр. Олардағы экономикалық ашықтық кәсіпкерлік саласын дамытуға да серпін беруде. Сондықтан бұл елдің инвесторлары әлемнің әр түкпірінде өз мүмкіндігін жүзеге асырып келеді. Әсіресе, жылыжай шаруашылығын дамытуға ден қойылған. Бұл туралы «Көктем Гранд» қонақүйінде өткен «Жылыжай саласындағы голландиялық компаниялардың Алматы облысындағы сауда миссиясы» атты семинарда сөз болды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Семинарға Нидерландының әлемге танымал «Bilancia», «Ctltic Koeling», «Dalcem», «Enza Zaden», «EuroFood congsulting», «Hoogendooren», «MacAgro», «Oldenhuic & Pirincen», «Philips» сияқты 14 компаниясының жетекшілері қатысып, Жетісу жұртымен аграрлық секторда жан-жақтылы байланыс орнату мақсатында әңгіме өрбітті. Шара аясында Нидерланд Корольдігі Елшілігінің ауылшаруашылық мәселелері бойынша кеңесшісі Меруес Брауэрттің айтуынша, олар жылыжай шаруашылығына 10 мың гектар жер бөлген, оның 5 мың гектарына көкөніс, қалғанына гүл өсіріп жатыр. Озық технологияның арқасында жыл сайын мол пайда тауып келеді. Әлемдік экспорттың көшбасында тұрған ел Қазақстанның нөмірі бірінші серіктесі. Екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынас 1993 жылы орнады. Содан бергі 24 жыл ішінде елімізге 70 млрд. долларға жуық инвестиция құйып, осы саладағы алдыңғы орында келеді.

– Мәселен, осыдан екі жыл бұрын Нидерландтың Қазақстанға саудалаған ауылшаруашылық және бағбандық өнімдерінің көлемі 100 млн. еуродан асты. Бұның айтарлықтай бөлігі жылыжай шаруашылығының үлесіне тиесілі», – дейді жиналыста сөз алған Нидерланды Корольдігінің Алматы қаласындағы кеңес басшысы Вилко Роггенкамп.

Сенімді ақпарат көздері мәліметінше, екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі де жыл өткен сайын артуда. Бүгінде 5 млрд. долларды құрап отыр. Мұнай-газ, геологиялық барлау, дәрі-дәрмек жасау, ауылшаруашылығы, тағы басқа да саладағы ынтымақтастықтың үзігі бекемделіп келеді. Әсіресе, жылыжай секторында ілгерілеушілік басым.

Қазірдің өзінде елімізде жылыжай шаруашылығымен айналысатын 40-тан астам голландтық ауылшаруашылық кәсіпорын бар. Әрбірінің әлеуеті таңдай қақтырады. Бірі Жетісудың соқа тісі тимеген құйқалы жеріне жылыжай салмақшы, енді бірі көп өнім беретін сапалы тұқымын саудаламақшы, үшіншісі, бақша өнімдерін өсіруге қолданылатын дәрі-дәрмек түрін ұсына келіпті. Тоңазытқыш орнатып, жарықтандыру, суландыру жүйесін жаңарту бағытындағы озық тәжірибесін таныстырып жүргені де бар. Жетісуға күнде келе бермейтінін білетін олар кездесу барысында өз мүмкіндіктерін барынша жарнамалап қалудың қамында.

– «Van Der Hoven» компаниясының өкілімін. Қазақстан нарығына кіргенімізге алты жыл болды. Қазір төрт ірі жобаны жүзеге асыруды қолға алып, күні-түні соның соңында жүрміз. Сол қатарда Қарадала өңірінен екі гектар жер алып, жер астынан шығып жатқан жылы суда көкөніс өсірудің тәжірибесін сынақтап өткізіп жатырмыз. Алдымен қияр өсіріп көрмекпіз. Жобамыз сәтті аяқталса адамдар көп өтпей жылы суда өсірілген көкөністерді тұтына бастайды, – дейді «Van Der Hoven» компаниясының менеджері Воб Хунсше.

Республикамыз бойынша ауылшаруашылық өнімдерінің 17%-ы Жетісу өңіріне тиесілі. Өйткені өңірде ауылшаруашылық мақсатында пайдаланылатын 8 млн. гектар жер бар. Ол жерлерде жылыжай шаруашылығы да жақсы өркендеп келеді. Сол қатарда 1061 гектар жерде Голландық жылыжайлар жүйесі жұмыс істеуде. Оның дені Алматы облысының еншісінде. Қазірдің өзінде жылыжайлар аумағы 80 гектарға жеткен. Негізінен онда қияр, қызанақ, аскөк өсіріледі. Басым бөлігі түрік, корей, қытай технологиясымен жабдықталған. Жыл соңына дейін тағы да 37 гектар жылыжай қосылмақ. Таяу жылдары облыс басшылығы жылыжай аумағын 100 гектарға ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Голландықтардың көздегені де осы. Олар жетісулықтардың дәл осы мақсатын ары қарай жетілдіруге көмектеспек. Тіпті, мұхит асып келген қонақтар көкөніс пен гүл өсірудің қыр-сырын жергілікті тұрғындарға үйретуге ниетті. Ол үшін жерлестеріміз міндетті түрде голландтық жылыжайларды сатып алуы керек. Бірақ, бір гектар голландтық дайын жылыжайды орнатуға 1 млн. еуро қаржы жұмсалады. Оны жерлестеріміздің қалтасы көтермейді.

СЕЛЕКТОР

Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАРДЫҢ қатысуымен селекторлық жиын өтті. Басқосуда әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін әрі қарай тереңдете жаңғырту тұжырымдамасы, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде маңызы бар жобаларды іске асыру мәселелері қаралды.

НАҚТЫ ІС НӘТИЖЕЛІ

Жетісу
Еңлік КЕНЕБАЕВА

Жиында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Зайда Илимжанова аталған мәселелер бойынша баяндама жасады. Оның айтуынша, арнаулы әлеуметтік қызмет жүйесін жаңғырту екі кезең арқылы іске асырылады.

– Бірінші кезеңде стандарттарды жетілдіру мен арнаулы әлеуметтік қызметтердің атаулы сипатын күшейту қолға алынып, әлеуметтік күтімнің баламалы түрлері арқылы шағын сыйымдылықтағы үйлер мен күндізгі орталықтар дамытылады. Нәтижесінде, әрбір жергілікті атқарушы орган қиын жағдайда қалған жандарды қоғамға кіріктіруге күш салатын болады. Реформада арнаулы әлеуметтік қызметтерді қаржыландыру жүйесін қайта қарастыру көзделген. Әлеуметтік қызметтердің кейбір түрлері мен техникалық оңалту құралдарын алу үшін кезең-кезеңмен бірыңғай «Әлеуметтік карта» енгізіледі. Сонымен қатар, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесін жетілдіру жұмысы жүргізіледі, – деді басқарма басшысы.

Бүгінгі таңда қызмет көрсетіп жүрген әлеуметтік қызметкерлер қысқа мерзімді біліктілікті жетілдіру курстарынан өтуде. Әр үш жыл сайын әлеуметтік қызметкерлер білімі мен біліктілік, іскерлік сертификаттарын растау үшін қайта даярлаудан немесе қысқамерзімді біліктілігін жетілдіру курстарын оқиды. Екінші кезеңде жұмыс істеп тұрған медициналық-әлеуметтік ұйымдардың тыныс-тіршілігі бақылауға алынады. Сонымен қатар, интернат үйлеріндегі мүмкіндігі шектеулі балаларды патронаттық тәрбиеге беру жұмысы да іске аспақ. Әсіресе, ауылдық жерлерде арнаулы әлеуметтік қызметтер қолжетімді болуы тиіс. Ауылды жерлерде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін нысандарды салу үшін жеке кәсіпкерлерді тарту жоспарланған. Оларды ынталандыру үшін мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың нақты шығыстарын ескеріп, қызметтердің тарифі және стандарттар қайта қаралады. Өз ойын осылай жеткізген басқарма басшысы концепция жобасы туралы айтып берді.

Баяндама аяқталысымен Жақсылық Мұқашұлы тікелей байланыс арқылы Көксу ауданы әкімінің орынбасарына аталған концепция бойынша ұсыныс-тілектері мен атқарылған жұмыстар туралы сауал қойды. Бірақ концепция жөнінен мүлде бейхабар аудан әкімінің орынбасары көңіл қуантарлық жауап айтпады. Дәл сол сұрақ Балқаш, Талғар және тағы да басқа аудандарға қойылғанымен нақты жұмыс жоспарын айтқан ешкім болған жоқ. Аудан әкімі орынбасарларының өз жұмысына салғырт қарағанын айтқан Жақсылық Омар алдағы уақытта нақты істің нәтижесін көрсетуді талап етті.

– Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бірінші қолдау білдіретін билік өкілдері екенін естен шығармаңыздар. Сіздерге жіберілген концепция бойынша ауданда, ауылда тұратын мүмкіндігі шектеулі жандармен кездесіп, жұмыс жасауларыңыз керек еді. Олардың ұсыныс-тілектерін тыңдап, нәтижесін шығарып, жоспарына енгізіп, сол бойынша жұмыс атқаруға болады ғой. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектің түрлерімен терең таныстыру сіздердің негізгі жұмыстарыңыз. Ал осы жұмысты бақылап, күнделікті аудандармен байланыс орнатып, тіпті, қажет десеңіз арнайы аудандарды аралап нақты әрі нәтижелі жұмыс жасау облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жүктелген. Алайда жұмыс өз деңгейінде атқарылмаған. Зайда Әбдімананқызы және аудан әкімдерінің орынбасарлары осы жұмысты он күн ішінде бітіріп, өздеріңіздің ұсыныстарыңызды айтатын болыңыздар, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Жиын соңында Жақсылық Мұқашұлы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың нәтижелі жұмыс көрсетуі үшін демеушілерді тауып, қолдау көрсету керектігін атап өтті. Сонымен қатар, барлық аудан, қала әкімдеріне, басқарма қарамағындағы мекемелерге «Мүмкіндігі шектеулі жастарды қолжетімді спорт түрлерімен шұғылдануға баулу» әлеуметтік жобасына үлес қосуды тапсырды.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

Қыс қыспайды деменіз

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жылыту маусымын ойдағыдай өткізу күн тәртібіндегі мәселенің бірі. Ал оған қажет отын-суды дайындау барысы қалай? Міне, осыны пысықтау үшін облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов аудан-қала әкімдерімен селекторлық жиын өткізіп, бүге-шігесіне дейін талқылады. Кеңеске облыстық деңгейдегі басқарма басшылары мен салаға жауапты лауазымды тұлғалар және мамандар қатысты.

Кеңесте алдымен күн тәртібінде қаралатын негізгі мәселелер жанжақты таныстырылды. Бұдан соң облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Әсет Қанағатов алдағы қысқа дайындықтың қалай жүргізіліп жатқандығы жөнінде баяндады. Басқарма басшысының айтуынша, Жетісу өңірі жұртшылығының қыстан қысылмай шығуы үшін атқарылуға тиіс бар шаруа дер кезінде қолға алынып, талапқа сай орындалыпты. Алдағы жылыту маусымына барлығы 6 млрд. теңге қаражат бөлінген. Соның ішінде бюджеттік мекемелерге қажет жабдықтар алу мен жылу жүйелерінің күрделі жөнделуіне 410 млн. теңге, отын сатып алуға 5,6 млрд. теңге қарастырылыпты. Ал кәсіпорындардың жеке қаражаты 2,03 млрд. теңгені құрайды. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бес жобаны іске асыру үшін 3,7 млрд. теңге бөлінген.

Сонымен бірге қатты отынды қазандықтар мен жылу жүйелерінің ағымдағы және күрделі жөнделуі, жуылуы, тексерілуі, су құбыры жүйесінің тазалануы да жан-жақты сөз болды. Бүгінде жылу жүйелері 95 пайыз, электр желілері 92 пайыз, су құбыры –кәріз жүйелері 98 пайызға дайын. Бюджеттік сала нысандарының әзірлігі де 100 пайыз. Ірі қалалар мен аудандардағы әлеуметтік сала нысандарын қажетті отын қорымен қамтамасыз ету мәселесі де ерекше бақылауда. Бір сөзбен айтқанда, жылу беруге қатысты жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізіліп, басым бөлігі аяқталған. Сондықтан, өңірде алдағы қысқа әзірлік жаман емес.

Жиын барысында жылыту маусымына қатысты көкейкесті мәселелер де қозғалып, орын алған кемшіліктер де тізбектелді. Әрине, оған сын-ескертпелер де айтылып, мәселенің оң шешімін табу жолдары қарастырылды. Осы бағыт бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жөнінде өңірге қарасты аудан-қала басшылары да есеп берді.

Осыған байланысты ой қорытқан облыс әкімінің орынбасары қыс мезгілінде жылуға қатысты әлдебір төтенше жағдай туындамас үшін тиісті басқармалар мен аудан басшыларына тапсырмалар жүктей отырып, бұл бағыттағы жұмысты одан әрі күшейтіп, жандандыру қажеттігін назарға салды.

ТЕГІН ЖОЛДАМАНЫ ПАЙДАЛАНДЫ

«Ұлағатты ұрпақ» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Райымбек ауданынан 51 адам «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне барып қайтты. Қоғамдық қор атынан ЭКСПО-ға жолдама озат оқушыларға, үздік ұстаздарға, Мұқағали оқуларының ерекше көзге түскен қатысушыларына, ұлттық өнердің дамуына зор үлес қосып жүрген ақжаулықты әжелерге, дәрігерлер мен дін саласының өкілдеріне және әкімдік қызметкерлеріне берілді.

Жолдамада жолақысы, жатын орын мен ас-ауқаты, көрмеге кіру билеті, Астананың көрікті жерлерін аралау шығындары қарастырылған. Естеріңізге сала кетсек, «Ұлағатты ұрпақ» қоғамдық қоры 6 жылдан бері озат оқушылар мен ұстаздарға Астана қаласын аралау саяхатын ұйымдастырып келеді. Қоғамдық қорды Сарыбастау ауылының азаматтары құрған болатын.

Осы жолғы сапарда көпшілік ЭКСПО көрмесін аралап, елімізде болып жатқан айтулы оқиғаның куәгері болды. Әлем деңгейінде ұйымдастырылып жатқан көрменің берері мол. Өйткені әлемнің түкпір-түкпірінен келген үздік технологияларды көзбен көріп қана қоймай, олардың жұмыс істеу тәсілін байқауға, үйренуге толық жағдай жасалған. Сонымен қатар, өзге елдердің мәдениеті мен салт-дәстүрін жете тануға да мүмкіндік мол. Әсіресе Ұлттық павильон «Нұр Әлем» ерекше әсер қалдырды. Ұлттық павильонның әр қабаты ғарыш, күн, биомасса, жел, су және кинетикалық энергия сынды тақырыптарға арналған. Қазақстанның тарихы, мәдениеті, жеткен жетістігі мен болашағы көрмеде анық көрсетілген.

Астанаға арнайы жолдамамен келген Сарыбастау ауылының «Аққер» әжелер ансамблі көрменің көркіне айналды. ЭКСПО төрінде халық әндерін шырқап, туристердің қошеметіне бөленді. Шетелдіктер әжелердің қоңыр үнін ұйып тыңдап, павильондарына қонаққа шақырып, сыйлықпен шығарып салды.

ЭКСПО көрмесін аралаған шәкірттер де ерекше бақытты. Өйткені олар «күнделікті сабақта өтіп жүрген дүниелерімізді өз көзімізбен көріп, көңілімізге түйіп алдық» дейді. Ұстаздар да шәкірттерінің жанында жүріп, оқушыларға көрмедегі жаңа технологияларды түсіндіріп, бірге аралады.

Көрмеден шыққаннан кейінгі көңіл-күйді айтып жеткізу мүмкін емес. Аудан оқушылары көрмеге арнап ән шырқады, бірі жүрек түбінен шыққан өлеңін арнады, енді бірі қолына қалам алып сурет салды.

«Еуразия» ұлттық арнасы Райымбек ауданынан «ЭКСПО – 2017» көрмесін тамашалауға келген қонақтар жайлы сюжет түсірді. Ал еліміздің басты радиосы, қазақтың үніне айналған «Қазақ радиосы» қоғамдық қор мүшелері мен көрмеге жолдама алған қонақтарды таңғы эфирге шақырып, керемет сұхбат жүргізді. Алыстан ат терлетіп келген жаны жайсаң, жүрегі кең ауылдастарымыз келесі күні Астананың көрікті орындарын аралап, «Жастар» театрының керемет қойылымын тамашалады.

Маржан СӘБЕТ,
делегация мүшесі.

Жетісу
1918–2017

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

КҮРЕТАМЫР



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ЖАҢҒЫРУ жазудан басталады

Дәйекшесі мен нүктесі, ноқаты мен ілгегі бар жаңа әріп ойлап табудың қажеті жоқ. Қазақ тіліне тән дыбыстар компьютердің пернетақтасында орналасқан классикалық латын графикасына әбден лайық. Жуырда Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық координациялық-әдістемелік орталығы осындай үлгідегі 25 әріпті жаңа әліпбиді парламенттік тыңдауға ұсынды. Бүгінде тыңдауда қаралған жаңа жоба, әсіресе, әліпби құрамындағы қосарланған дауысты дифтонгтар ел арасындағы басқосуларда қызу талқыға түсуде. Ұсынылған жаңа графикаға қатысты пікір білдірген сондай келелі жиынның бірі «Латын әліпбиі: жаңғыру жазудан басталады» деген тақырыппен Тіл сарайында жалғасын тапты.

Жетісу

Қуаныш ТҰҢҒАТАР

Елбасы жыл соңына дейін қазақ тілінің латын әліпбиіндегі стандартын қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, жаңа графика пернетақтадағы ағылшын әріптеріне негізделген дәйекшесіз, ноқатсыз әліпби болу керектігін айтты. Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйытқысымен өткен жиында Ассамблея мен түрлі ұйым мүшелері, мекеме қызметкерлері, өңірдің зиялы қауым өкілдері өз пікірлерін ортаға салды. Жиынды облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Айдар Башбаев жүргізді. Өз сөзінде ол латын әліпбиіне көшу – Елбасымыздың алға қойған маңызды міндеттерінің бірі екендігін тілге тиек етіп:

– Парламенттегі тыңдауда қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруді жаңа нұсқасы ұсынылды. Біздің міндетіміз ел дамуы үшін ұсынылып жатқан ұлы идеяларды тек түсінумен шектелмей, олардың іске асуына белсене атсалысуымыз қажет, – деді. Келелі жиынның келесі сөзі облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының міндетін атқарушы Нүсіпбай Әбдірахымға берілді. «Кез-келген бастаманың сәтті жүзеге асуы үшін оған қоғам тарапынан сұраныс болуы керек. Ал латын қарпіне көшуге қатысты мәселе қоғам тарапынан зор қолдауға ие. Өздеріңіз жақсы білесіздер, халқымыздың әліпбиі бірнеше рет өзгерді. Көне түркі таңбасын былай қойып, қазақтар он екі ғасыр бойы араб жазуын пайдаланып келді. Тарихымыздың қаншама бөлігі, үлкен қатпары араб жазуымен жазылған еді. Кейін А. Байтұрсынұлының реформасы негізінде төте жазуға көштік. Төте жазудан кейін аз уақыт латын әліпбиі қолданылып, бірден кириллицаға ауыстық», – деп қазақ жазуының тарихын қайта парақтаған Нүсіпбай Додабайұлы өз сөзін: «Латын әліпбиіне өтуіміз керек – ол анық дүние. Талқылау басталды. Ендеше, мұны көпшілік болып қолға алып, қолдауға тиіспіз. Ұсынылған әліпби нұсқасында әлі де жетілдіретін, өзгертетін, мәселелер бар сияқты. Ол жайында түрлі ұсыныстар да айтылып жатыр. Қандай жағдайда да көпшіліктің пікірімен санасу керек деп ойлаймын. Біз нақты тәуелсіздікке қол жеткіздік, ал латын әліпбиіне көшу – рухани тәуелсіздікке қол жеткізуге жасалған алғашқы қадам», – деп түйіндеді.

Мұнан кейін сөз алған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбайұлы латын әліпбиіне көшу ұлт үшін қажетті бастаманың бірі болып табылатынын, ҚР Парламентіндегі алқалы жиында айтылған ұтымды ойлар мен ұсыныстар ел үшін жасалып жатқан игі қадам екендігін тілге тиек етіп, бұл жұмысты тиянақтылықпен, жауапкершілікпен жүргізу керектігін алға тартты. Жиында облыстық «Тіл» оқыту-әдістемелік орталығының директоры Әлмұхамбет Иманбақов, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Светлана Гаитова, «Жаңғырудың жаңа белесі» атты ақпараттық насихат тобының мүшесі Қажет Андас, «Алматы облысының өңірлік коммуникациялар қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы Данияр Жаныс сөз алып, өз ойларын ортаға салды.

КӨГІЛДІР ОТЫН

Өткен жылдың соңына қарай «Алматы – Талдықорған» магистральді газ құбырын тарту жұмысы ресми аяқталып, облыс орталығын газдандыру жұмысы басталған болатын. Осыған орай, республикалық және жергілікті бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, қаланы төрт кезең бойынша көгілдір отынмен қамтамасыз ету көзделген.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ГАЗ ҚЫЗЫҒЫН КӨРЕДІ

Жетісу

Қажет АНДАС

Десе де, жыл соңына таяған сайын тұрғындар арасында түрлі әңгіме шыға бастады. «Қаланы газдандыру жұмысы уақытында бітпейтін көрінеді» деген күдік-күмәнға толы пікірлерді де естіп қалып жүрміз. Сонымен қатар, газ құбыры тартылған аумақтың тұрғындары да әне-міне газ келіп қала ма деп қыстық дайындықтың қамына кіріспей қамсыз отыр. Олар: «Газ уәделі уақытында берілмесе қыста қысылып қаламыз ба?» – деп алаңдаулы. Жұрт күдігін сейілту үшін жұмыс алаңына барып, газ тарату кешендерін аралап көрдік.

Жоба бойынша жоғары қысымды магистральдан бөлініп алынған газ 22 қосу нүктесі арқылы қаланың төрт бұрышындағы тұрғын үйлерге жеткізіледі. Бүгінде жоспар бойынша 7 газ қосу кешенінің жұмысы жүріп жатыр. Қазір қалааралық құбырдың 1, 2, 3-ші газ қосу кешенінің жұмысы аяқталып, газ жіберілді. Кеше ғана 530 дм. жоғары қысымды қалааралық жүйелік газ құбырының 1 және 7-ші жоғары қысымды газ қосу кешені Ескелді би және Жансүгіров көшесінің қиылысында қосылды.

– Ұзындығы 170 шақырым газ құбырын жерастына төсеу жұмысы біздің компанияның еншісінде. Қазір оның дені төселіп, газ магистраліне қосылып, құбырға көгілдір отын жіберілді. Жұмыс жоспарланған уақыт шегінде орындалып жатыр. Алдағы қазан айына дейін үш газ қосу кешеніне құбыр тарту жұмысы аяқталып, тұрғын үйлерге газ тарту жұмысы басталады, – дейді газ құбырын төсеу жұмысына жауапты мердігер «Ақниет БН» ЖШС жоба жетекшісі Александр Петлин.

Айта кетерлігі, қаламыздағы газ құбырын төсеу жұмысымен үш ірі компания айналысады. Ал «Ақниет БН» ЖШС өзіне тиесілі бөліктегі газ құбырын төсеп болғаннан кейін тұрғын үйлерге газ тарту жұмысын «КазТрансГаз аймақ» ЖШС атқарады. Аталған компания өкілдерінің айтуынша, олар қазірдің өзінде құбыр тартылған көше бойларына газ бөлетін сандықшаларды орнатып, тұрғын үйлерге кіретін газ желісі құрылысын бастап кеткен. Тек газ тартуға ресми рұқсат алатын құжаттандыру жұмыстары бітпегені қолды байлап тұрған көрінеді.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы қазан айына дейін тұрғын үйлерге газ тарту жұмысын облыстық әкімдіктің балансынан «КазТрансГаз аймақ» ЖШС еншісіне беруге қатысты заңдық құжаттар толық аяқталатынын алға тартты. Демек, келесі айдан бастап, Ескелді, Абылайхан сияқты бірқатар көшенің тұрғындары көгілдір отынның қызығын көрмек.

«БАЛАПАН»

Шаттық мекені

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі бойынша іске қосылған балабақшалардың саны бойынша Алматы облысы өзге өңірлерден озық тұр. Былтыр Жетісу жерінің жұртшылығы 200 балабақшаның ашылуына куә болып, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің тиімділігіне көз жеткізді. Осыған орай облыстың аудандары мен қалаларында өз кәсібін жүргізіп отырған кәсіпкерлер мемлекеттік тапсырыс алуға көптеп сұраныс білдіруде. Ұйғыр ауданының орталығы Шонжы селосында былтырғы жылдың соңында ашылған «Балдырған» балабақшасы сондай мекеменің бірі.



Жетісу

Мәди АЛЖАНБАЙ

Балабақша меңгерушісі Раиса Тұрсынбекқызы өмірін ұстаздыққа арнаған жан. Зейнеткерлікке шыққан соң 40 жылдық тәжірибесін тиімді пайдалануды ойластырған ол отбасылық кәсіп ретінде балабақша ашуды жөн көріпті. Өйткені, ауыл тұрғындары үшін ең алдымен балабақшаның қажеттігі алдыңғы орында тұрған.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында айтылған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде балабақшаның ғимаратын сатып алып, жұмыс істеп отырмыз. Зейнет жасына жеткен соңда өмір бойы жинаған іс-тәжірибемді өскелең ұрпақтың тәрбиесіне жұмсауды жөн көрдім, – деген Раиса Қойшыбаева былтырғы жылдың соңында, Тәуелсіздік күні қарсаңында ашылған балабақшаның жұмысын таныстырып өтті.

– Балабақшада 3 топ бар. Оның екеуінде 3-5 жас аралығындағы сәбилерге қазақ және орыс тілдерінде тәлім беріледі, үшіншісіне 2 жастан 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндер тобы кіреді. Балаларға төрт уақыт тамақ беріледі. Біз үшін ең бастысы табыс табу емес, болашақ өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне үлес қосу. Сол үшін оларды жақсы тамақтандырып, денсаулығының мықты болуын қадағалаймыз. Дәрумендер мен жеміс-жидектерді уақтылы беріп, мерзімінде ұйқыға жатқызамыз. Ұйқыдан тұрғанда аяқтарына массаж жасатып, салқын сумен жуындырамыз. Дене шынықтыру жаттығуларын жасайды. Сонымен қатар, балалардың тілінің шығуына, ойын еркін жеткізуіне, тіл байлығының қалыптасуына баса көңіл бөлеміз. Мектепке дайындық ретінде бүлдіршіндердің қазақ, орыс тілдерін еркін меңгеруіне ықпал жасап, ағылшын тілін вариативті топта үйрену үшін білікті мұғалімдерден сабақ алуына мүмкіндік қарастырып отырмыз. Музыка, қолөнер сыныптарында да білікті ұстаздар сабақ береді.

Әр бала үшін ата-анасы ай сайын 10 мың теңге төлейді. Бұл үлкен қалалармен салыстырғанда ең төменгі сома саналады. Еліміздің болашағын тәрбиелеуді мақсат еткен балабақша ұжымында 22 адам жұмыс істейді. Оның 9-ы тәрбиеші болса, қалғаны күзетші, жүргізуші, бухгалтер, шаруашылық меңгерушісі сияқты мамандар. Еліміздегі стандарттау саласы бекіткен ережелерге сәйкес әр баланың ұйықтайтын, ойнайтын жері балабақша ғимаратының 1-1,5 шаршы метріне тең болуы тиіс. Осы үдеден шыққан «Балдырған» балабақшасы ашылғанына жыл толмаса да көпшіліктің ықыласына бөленіп отыр.

Шонжы ауылы, Ұйғыр ауданы.

МҮГЕДЕК: ҚОЛДАУ МЕН ҚОРҒАУ

Оңалту орталығындағы оңды істер

Мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірге келуі шын мәнінде отбасын психологиялық өзгерістерге алып келеді. Ауытқушылығы бар бүлдіршіндердің отбасында алғашқы күннен бастап ата-анасының ұнжырғасы түсіп, қоғаммен қатынас аясы тарылады. Кей жағдайда отбасылық қарым-қатынастың бұзылуына әкеп соқтырады. Сондықтан, мұндай балаларды тәрбиелеуде ата-аналарға тек педагогтардың ғана емес, арнайы мамандардың да көмегі қажет.

2010 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Үміт» күндізгі болу орталығында бүгінде 42 бала арнаулы әлеуметтік қызмет алуда. Олардың 28-і ер бала, 14-і қыз бала. Балалардың ынталары мен қабілеттеріне байланысты 3-5 адамнан топтар құрылған.

Мекемеде дефектолог, психиатр, балалар дәрігері, медбике, массажист, әлеуметтік қызметкерлер, музыкалық жетекші, еңбек пәнінің мұғалімі, мәдени ұйымдастырушы, тәрбиешілер, дене шынықтыру мұғалімі және бөлме санитарлары жұмыс атқарады.

Кембағалдарға қызмет көрсеткен 7 жыл ішінде бұл мекемеде жұмыстар оң жолға қойылды. Қазіргі таңда мекеменің әр қызметкері баланың қабілетіне қарай жеке жұмыс істейді. Орталықта балаларды күніне 3 кезеңмен тамақтандырады. Орталықта сенсорлық бөлме жұмыс істеп тұр, балалардың ой өрісін дамытуға арналған дидактикалық құралдар да жетерлік. Балақайлар онда шамалары келгенше би билеп, ән салады. Әр мерекеге арнап іс-шара өткізеді. Ал біз өз кезегімізде ұл-қызымыздың жетістігіне қол соғып, қуаныштан көзімізге жас үйіріледі. Оңалту орталығына келген балаларымыз киімдерін өздері киюді, ас ішкенде де өзге адамның көмегінсіз тамақтануды, үй шаруасына көмектесуді, сөйлегенде жекелеген әріптерді анық айтуды, тіпті, жүре алмайтындар өз еркімен жүруді үйренді. Мұның барлығы оңалту орталығының қолы шипалы, жүректері кең қызметкерлерінің еңбегі. Сондай-ақ, оңалту орталығы мүмкіндігі шектеулі балалардың ортаға бейімделуіне, дамуына ғана емес, ата-аналарына да көп көмегін тигізіп отыр. Себебі, орталық ашылғаннан бері талай ата-ана жұмысқа шығып, еңбек етіп жүр.

Қазіргі таңда өз істерінің майталманына айналған әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, еңбек мұғалімі, тәрбиешілер, дефектолог, логопед, психолог сенімді мамандар ұжым мақтанышы. Мекемені басқарып отырған Әлия Садықова Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жолында ұжымды бір кісінің баласындай етіп, ортақ іске жұмылдырып, алдыға нақты мақсат қойып отырғаны ұжымның ертеңіне деген сенімін нығайта түсуде.

Жұлдыз ТАЗАБЕКОВА, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Үміт» күндізгі болу орталығының заңгері.
Көксу ауданы.

ОЙ-ӨРІМ

- *Ана сүті бой өсіреді, Ана тілі ой өсіреді.*
- *Ана тілің алтыс тілге татиды.*
- *Ғылым – теңіз, білім – қайық.*

МҮШӘЙРА

Жыр арқауы – ТАЛДЫҚОРҒАН

Талдықорғандағы Қала күні мерекесіне орай жазба ақындар мүшәйрасы өтті.

Шараның басты мақсаты – Жетісудың кіндік қаласының өсіп-өркендеуін, тамаша табиғатын ақындардың шұрайлы тіл, кестелі ой, көркем сөзі арқылы насихаттау. Сондай-ақ, жас қаламыздың тарихын, мәдени ошақтарын өлең өрнегіне айналдыру.

Дәстүрлі жыр додасына 22 ақын қатысты. Олар өздерінің бұрын еш жерде жарық көрмеген тың туындыларын оқыды. Жетісу өлкесіне танымал ақындардан құралған қазылар алқасы үздік өлеңдерді сұрыптап, жеңімпаздарды анықтады. «Бақ қала – Талдықорған» жыр мүшәйрасында «Талдықорғанның ауасы» өлеңінің авторы, облыстық филармонияның М. Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрінің мүшесі Азамат Нұрмұханов топ жарып, 1-орынды қанжығалады. Екінші орынды «Ару қала» өлеңінің авторы, Ескелді аудандық «Жетісу шұғыласы» газетінің тілшісі Мағрипа Сандуғаш иеленді. Үшінші орыннан «Талдықорған – бақ қала» өлеңінің авторы, өңірімізге белгілі ақын Жангелді Немеребаев көрінді.

Одан бөлек, Салтанат Құмархан, Мұхтар Күмісбек, Есейбай Нұрболат, Медет Жұмабаев, Гүлнұр Оразбайқызы сынды ақындар ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Өзге де үміткерлердің барлығы да арнайы дипломдармен марапатталды.

Осы мерекенің жалғасы ретінде қаламызда «Жайнай бер, менің қалам – Талдықорған» атты жыр кеші өтті. Шараға мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері қатысты. Олар қаламыздағы Мұқағали Мақатаев ескерткішінің алдына жиналып, патриоттық тақырыптағы өлең-жырларды оқыды. Алып тұлғаларға арналған әндерді орындап, халықтың қошеметіне бөленді. Сонымен қатар, ескерткіштің тарихы туралы да мол мағлұматтар айтылды.

Қабыл ИСА.

БІЛГЕНІҢІЗ АБЗАЛ!

ҰНАМАҒАН ТАУАРДЫ айырбастауға немесе қайтаруға бола ма?

Тұтынушы тауар таңдауда қателесуі мүмкін. Мәселен, сіз жаңа киім сатып алдыңыз. Ол киіміңіз шақ келмеді немесе үлгісі жараспады. Енді не істеу керек? Мұндай тауарды айырбастап, қайтаруға бола ма? Әрине. Тек, бұл заң негізінде жүзеге асырылады.

Мысалы, сіз дүкеннен көйлек сатып алдыңыз. Ол ұнамай қалды. Келесі күні сатушыдан басқа көйлекке айырбастап беруін немесе кері қайтарып алуын және төленген ақшаны қайтаруын сұрайсыз. *«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 14-бабының 1-тармағына және 30-бабының 1-тармағына сәйкес егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ, тауарды сатып алу дерегін растайтын құжат сақталса, егер шартта негұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.*

Сатушы тұтынушы үшін қажетті көйлекті таба алмағандықтан оны кері қайтарып алды және тұтынушыға ақшасын қайтарып берді. Бірақ, белгілі бір ерекшеліктерді ескерген жөн. Мысалы, тиісті сападағы заттардың бәрін бірдей қайтарып беру мүмкін емес. Ауыстыруға немесе қайтаруға жатпайтын заттардың белгілі бір тізбесі және сатушының да тиісті сападағы затты қайтару кезінде өз міндеттері бар. Мәселен, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 30-бабы 1-тармағына сәйкес, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, іш киімді, шұлық-ұйық бұйымдарын, жануарлар мен өсімдіктерді, метрлеп сатылатын тауарларды, атап айтқанда, барлық түрдегі талшықтардан жасалған маталарды, тоқыма және перделік кенеп матаны, жасанды теріні, кілем бұйымдарын, тоқыма емес материалдарды, ленталарды, шілтерді, таспаны, сымдарды, бауларды, кабельдерді, линолеумды, багетті, пленканы, клеенканы қоспағанда, егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу дерегін растайтын құжат сақталса, сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Ал егер тұтынушы тарапынан тауарды айырбастап, қайтару жағдайы талап етілсе, ол да өз міндеттерін білуі керек. Заңда көрсетілгендей, айырбастау және қайтару үшін тауардың заттаңбалары, сондай-ақ, тиісті сапалық түрі сақталуы қажет. Егер зат барлық өлшем жағынан Сізге тура келетініне жүз пайызға сенімсіз болсаңыз, барлық тауарлық белгілерді алып тастауға асықпай заттаңбасымен бірге киіп өлшеңіз. Себебі, мұндай жағдайда Сіз затты айырбастап немесе қайтарып алуға сенімді боласыз. Бірақ, тұтынушы сатып алған затын пайдаланып, соңынан қайтарып беруге құқысы жоқ. Заңда анық жазылғандай, пайдалануда болмаған зат қана айырбастауға және қайтаруға жатады.

Егер сатушы Сіздің затты пайдаланғаныңызды дәлелдесе, онда заңды негізде оны айырбастаудан немесе ақшаны қайтарудан бас тарта алады. Тағы ескеретін жайттың бірі – тауарды сатып алғаннан кейін міндетті түрде тауар чегін сақтап қойыңыз. Оны сақтау мерзімі сатып алу және кепілдік мерзіміне байланысты болады. Бұл сақтық шаралары көптеген қиындық пен келеңсіз жағдайлардан құтқарады және заттың осы сатушыдан белгілі күні сатып алынғанын дәлелдеуге мүмкіндік туғызады. Бұл өте маңызды. Тиісті сападағы затты сатып алған кезден бастап 14 күн ішінде қайтара аласыз. Сондықтан, осы айтылғандарды ескере отырып, тауарды сатып алу кезінде және оны таңдауда мұқият болғаныңыз дұрыс.

Тұрсынбай ГАЛИНОВ, табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыс бойынша департаментінің басшысы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 112 (18388)
Сенбі, 7 қазан, 2017 жыл.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтілетін мұғалімдердің кәсіби мерекесі облыс әкімінің назарынан тыс қалып көрген жоқ. Биыл да осы игі дәстүр жалғасын тауып, облысымыздың жеткін-шектерін тәрбиелеуге өзіндік үлес қосып жүрген ұстаз-дарға арналған мерекелік салтанат облыстық білім басқармасының ұйытқы болуымен І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтті.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ БАСЫНДА ҰСТАЗ ТҰРАР

Облысымыздың әр шалғайынан келген мұғалімдерге айрықша құрмет көрсетілген шара ұстаздардың ұстазы Ыбырай Алтынсариннің ілім-білімге шақырған өнегелі сөздерін арқау еткен шағын бейнекөріністен басталды. Бұдан соң ортаға шыққан оқушылар ұстаздарға арнаған өлең-жырларын тарту етті.

«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» деп, баршамыз бас иіп, ерекше қадірлейтін мұғалімдер қауымын облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** кәсіби мерекесімен құттықтады.

– Құрметті ұстаздар! Барша-ңызды мерейлі мерекелеріңіз – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – орны бөлек мереке. Қай заманда, қай қоғамда болмасын, баланы оқыту, оған тәрбие беру – ең ұлы мұрат, ұлағатты іс. Білім жүйесінің жаны да, жүрегі де, тірегі де ұстаз. Сондықтан, еліміздің келешегі сіздердің қолдарыңызда.

Облыстағы білім ордаларының негізі – балаларды шексіз сүйетін, өз кәсібіне шынайы берілген адал жандар, яғни ұстаздар десек артық емес. Бүгінгі таңда білім беру саласының алдында жаңа да жауапты міндеттер тұр. Атап айтқанда, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу, балалардың сапалы білім алуына қажетті жағдай туғызу, жаңа технологияларды енгізу. Бұл міндеттер Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында «...оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет», – деп нақты атап көрсетілген. Сіздердей өз ісінің шеберлерімен Президентіміздің білім саласындағы тапсырмаларын толықтай орындай аламыз деп сенемін.

Құрметті ұстаздар!

Ұрпақ тәрбиелеу жолындағы толымды еңбектеріңізге шын пейілмен алғыс айтамын! Мерекелеріңіз құтты болсын! Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін! Еліміздің атын әлемге танытар шәкірттеріңіз көп болсын! – деді облыс басшысы өз құттықтауында.

Бұдан соң бірқатар ұстазды «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «Ы. Алтынсарин» төсбелгілерімен, облыс әкімінің "Құрмет грамотасымен", "Алғыс хатымен" марапаттады. Жылда дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан 6 педагогикалық байқау бойынша бірінші орын жеңімпаздарына арнайы диплом мен қаржылай сыйлықтар табыс етті. Атап

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

айтар болсақ, «Үздік кәсіптік білім беру мекемесі» байқауында топ жарған Алматы облысының кәсіптік колледжінің директоры Аманжол Наурызбаевқа 19 567 200 теңгенің сертификаты табыс етілді.

Республикалық «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары – Іле ауданы №1 орта мектебінің мұғалімі Гуля Күлбаева, Текелі қаласы №5 орта мектебінің ұстазы Рамазан Қайрат, Талдықорған агротехникалық колледжінің оқытушысы Серік Тұрсынбек, Қарасай ауданы Алтын ауыл орта мектебінің мұғалімі Өмірбек Майшықов 2 млн. теңгенің грантына қол жеткізді.

Мерекелік салтанатта сөз алған "Жылдың үздік мұғалімі", Текелі қаласындағы №1 орта мектебінің география пәнінің мұғалімі Бақытжан Молбаев жеңіл автокөлік кілтін алды. «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын Іле ауданының №26 орта мектебі иеленді. Аталмыш білім шаңырағының директоры Аманжол Наурызбаевқа 19 567 200 теңгенің сертификаты табыс етілді.

Республикалық «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары – Іле ауданы №1 орта мектебінің мұғалімі Гуля Күлбаева, Текелі қаласы №5 орта мектебінің ұстазы Рамазан Қайрат, Талдықорған агротехникалық колледжінің оқытушысы Серік Тұрсынбек, Қарасай ауданы Алтын ауыл орта мектебінің мұғалімі Өмірбек Майшықов 2 млн. теңгенің грантына қол жеткізді.

Мерекелік салтанатта сөз алған "Жылдың үздік мұғалімі", Текелі қаласындағы №1 орта мектебінің география пәнінің мұғалімі Бақытжан Молбаев жеңіл автокөлік кілтін алды. «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын Іле ауданының №26 орта мектебі иеленді. Аталмыш білім шаңырағының директоры Аманжол Наурызбаевқа 19 567 200 теңгенің сертификаты табыс етілді.

Бұдан соң мерекелік концертке орын беріліп, аяулы ұстаздарымыз үшін эстрада жұлдызы Қуандық Рахым, облысымыздың жас өнерпаздары әннен шашу шашты.

Салтанатты жиын алдында облыстық әкімдікте Мұғалімдер күніне арналған тағы бір шара орын алған болатын. Онда облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар педагогикалық байқаулар бойынша екінші, үшінші орын иегерлері мен номинация жүлдегерлерін арнайы құттықтады.

– Жас ұрпақ тәрбиесі – үлкен іс. Оған сіңірер ұстаздар еңбегі де өлшеусіз. Сондықтан ұлағат иелеріне қандай сый-құрмет көрсетсек те артық етпейді. Оқушыларымыздың білім сайыстарында ғана емес, өнерде, спорттық жарыстарда да топ жарып, облысымыздың мәртебесін асқақтатып жүргені біз үшін абырой. Осының бәрінде мұғалімдердің тынымсыз еңбегі жатыр. Ұстаз мерейін асқақтататын оқушыларының жетістігі. Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дарынды шәкірттеріңіз көп болсын деп тілеймін, – деді ол. Бұдан соң педагогикалық байқаулардың 2-3 орын жүлдегерлері мен номинация иегерлеріне тиісті марапаттарын тапсырды. Ардагер-ұстаздарға да ерекше ілтипат көрсетіліп, педагогика саласында ұзақ жыл жемісті еңбек еткен, бүгінгі таңда да жас ұрпақ тәрбиесіне үлестерін қосып жүрген ақсамайлы жандарға 30 мың теңгеден ақшалай сыйлық табысталды.

Міне, осылайша ақ тілек, зор құрмет-көшеметтің ортасында, табысталған қызыл гүлдерін аялай ұстап, еңбегіне сай ардақталған ұстаздардың жүзі нұрға толды. Облыс әкімінің ұстаздарды қолдау мақсатында қолға алған игі шарасы кәсіби мерекесі қарсаңында олардың көңілдеріне шалқар шаттық сыйлап, алдағы уақытта да соны серпін, тың жігермен жұмыс жасауларына жол аша түскені анық.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Үзінді

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Ахметова Ботакоз – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Баймаматова Айна Азатбековна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Есболганова Нурсауле Нурмуханбетовна – орта мектеп мұғалімі, Панфилов ауданы
Иманкулова Жанат Абын-газиевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Казарян Яна Аршалусовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Рузыева Гулбахар Турсуновна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Сарсебаева Нурболе Нуржумаевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Умбетова Жупар Токпаевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Абайбекова Бейбит Оразбековна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Аширова Махаббат Исланбековна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Гаппарова Зухра Имяржановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Даулеткелдинова Салтанат Жинактиевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Дәукен Рахымхан – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Жұмаш Ораэхан – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Злавдинова Гулфиза Исламовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Ильчибаева Ботагоз Зинагабдаловна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Иминова Ризвангуль Садыковна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Кагажиева Еркегуль Касымовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Киябаева Гульчат Манаповна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Кожамкулова Карлыгаш Жуматаевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Курбанова Садатбви Абдувалиевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Кутымгазиева Аселя Еркимбековна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Қахарман Күпән – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Қинаят Айгүл – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Мажитова Жанар Турсыновна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Меирманова Сандугаш Турсынжановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Нұрмұқаш Қанат – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Онгарбаева Гульнар Кожашевна – «Шамшырақ» балабақшасының тәрбиешісі, Панфилов ауданы
Рубан Елена Геннадьевна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Тохтаева Шеринбанум Пейрахметовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Хожамкулова Эльвира Тельмановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2017 жылғы 4 қыркүйек № 539

СЕЛЕКТОР

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Облыстық әкімдіктің кіші жиынжайында облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжановтың қатысуымен селекторлық жиын өтті. Онда 2017 – 2018 жылдардағы жылыту маусымына дайындық барысы тыңдалып, күзгі тазалық айлығына орай ұйымдастырылған шаралардың атқарылу барысы қаралды. Оған аудан әкімдері мен орынбасарлары қатысып, нақты жағдайды саралады.

Жетісу
Қажет АНДАС

Жиналыста облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Асқар Кенженов баяндама жасап, алдағы жылыту маусымына дайындық мәселесін айтып өтті. Осыдан кейін аудан, қала әкімдері мен орынбасарлары өңірлердің жылыту маусымына сақадай-сай екендігін жеткізді. Күзгі тазалық айлығы да ойдағыдай жүріп жатыр.

Алайда, қазіргі таңда өңіріміздегі көмір бағасының қымбаттауы елді мекен тұрғындарының мазасын кетіре бастаған көрінеді. Бұл мәселені алғашқы болып Ескелді ауданының әкімі Бағлан Тәнекенов көтеріп, бағаның күрт қымбаттағанын облыс басшыларының назарына салды.

Бүгінгі баға көрсеткіші бойынша көмірдің әр тоннасы Қарасай, Ескелді, Қаратал, Көксу аудандарында 14 мың, Жамбыл мен Талғар ауданында 16 мың, Ақсу, Сарқан аудандарында 17-18 мың, ал алыс ауылдарда 20 мың теңге айналасында сатылуда. Ал облыс бойынша ең арзан көмірді Райымбек ауданының тұрғындары игіліктенуде. Онда бір тонна көмір 10 мың теңгеден сатылып жатыр. Тіпті, жұрттың жағдайымен санасатындар да көп екен.

– Ескелді ауданындағы «Хильниченко и К» сенім серіктестігі өз қарамағындағы жұмысшыларға көмірдің әр тоннасын 11,5 мың теңгеден тасып беруде. Ал жекеменшік көмір сатушылар осы аудан тұрғындарына 14,5 мың теңгеден сатып жатыр. Былай қарағанда, екеуі де бір жерден тасылады. Ал бағасы әр алуан, – дейді Бағлан Сағындықұлы.

Қазан айы бастала дауылдатып, нөсерлетіп жеткен суық ауа ағысы тау қаласы Текелімі қасат қармен қымтап тастады. Осыған орай Текелі қалалық әкімдігі 1 қазаннан бастап коммуналдық нысандарға жылу беруді бастап кетіпті.

Әрине, мезгіл сайын сан құбылып отыратын баға мәселесін ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық департаменттері қадағалап отыратынын бәрміз білеміз. Сала мамандары қатты отын бағасының күрт өсіп кеткеніне тосқауыл қоямыз деп сенім білдірді.



БЕЛГІТАС ОРНАТЫЛДЫ

Қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан заңғар жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына биыл 94 жыл толып отыр. Осыған орай Үштөбе қаласындағы жазушы есімімен аталған көшеге арнайы белгітас орнатылды.

Шараға аудан әкімінің орынбасары Асқат Қалиасқаров, жазушының туған немересі Дана Медеуова, аудандық білім бөлімінің басшысы Қуат Оңғаров, Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қорының өкілі Валентина Спиридонова, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сейілхан Беков және аудан тұрғындары қатысты.

Кемел Тоқаев 1923 жылғы 2 қазанда Қаратал ауданында дүниеге келген болатын. Жазушы өзі өмір сүрген қоғамның қасіреті болған шытырман оқиғаларға қалам тербеді. Қазірде өшпес мұрасы ел аузында. 1992 жылғы 12 маусымда Үштөбе қаласы әкімінің шешімімен Южная көшесіне Кемел Тоқаевтың есімі берілген-ді. Содан бері ширек ғасыр өте шығыпты.

Аудан әкімінің орынбасары Асқат Қалиасқаров пен Дана Темірбайқызы белгітасты салтанатты түрде ашты.

– Құрметті қала тұрғындары, қараталдықтар! Биылғы жылдан бастап Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған еліміздің үшінші жаңғыруына кіріскені баршаға белгілі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Онда жастарды Отанға, туған елге, жерге деген сүйіспеншілік пен патриотизмге шақырды. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі – орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс табуы керек. Ынтымағы жарасқан елдің данасы болған ақын-жазушы, өнер адамдары мен танымал тарихи тұлғалардың бірі – Кемел Тоқаев. Қазіргі таңда жазушы атына берілген көшенің жолы жаңартылып, көше шамдары орнатылды. Еліміздің, жеріміздің атын шығаратын, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын осындай тарихи тұлғаларымыз көбейе берсін! – деді аудан әкімінің орынбасары.

Игі лебізін жеткізген аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сейілхан Беков заңғар жазушының қалдырған мол мұрасы өскелең ұрпаққа өнеге боларын айтты. Кемел Тоқаев атындағы көшенің тұрғыны Ольга Голодова майдангер-жазушы атындағы көшеде тұратынын мақтанышпен жеткізсе, Б. Римова атындағы орта мектептің оқушысы Айсұлу Тұрсынова «Кеменгер Кемелі сен елімнің!» атты жыр шумақтарын арнады.

Одан әрі мереке мектеп ауласындағы Кемел Тоқаевқа арналған аллеяда жалғасты. Оқушылар өз қолдарымен жасаған қолөнер бұйымдарын, жазушының қан майдандағы ерлігі мен сұрапыл соғысты бейнелейтін суреттерін көрсетті. Әсем безендірілген сахна төрінде қаламгерге арнаған әндер орындалды. Жазушы шығармаларынан қойылған көрініс тіпті әсерге бөледі.

Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қорының өкілі Валентина Спиридонова қор есебінен мектепке музыкалық аппаратура, компьютер, жиһаз және оқушыларға кеңсе тауарлары беріліп тұратынын жеткізді. Бір қуаныштысы, осы қордың арқасында мектептің 26 түлегі жоғары оқу орнына түссе, екі оқушы Қытайда білімін жалғастыруда. 10 оқу озаты қордың қаржыландыруымен ай сайын 10 мың теңге көлемінде сыйақы алады. Сондай-ақ, жыл сайын аз қамтылған балаларға киім-кешек, тағамдық әлеуметтік көмек көрсетілуде.

Шара соңында балалары қордың көмегіне ие болған ата-аналар Кемел Тоқаевтың туған немересі Дана Медеуоваға ризашылығын білдіріп, Алғыс хатпен марапаттады.

А. ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалында жедел желі 8 800 080 44 41 қызмет етеді. Бұл телефондарға ерекше күтім қажет ететін азаматтар хабарласып, өздеріне қажетті кеңес алып, мемлекеттік мекемелерге өз сауалдарын жолдай алады. Біз өз тарапымыздан қажетті көмек көрсетуге әрқашан дайынбыз.

Call-орталық дүйсенбі – жұма күндері, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді (түскі үзіліс 13.00-15.00).

Құрметті облыс тұрғындары!

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы мен латын әліпбиіне көшу үрдісі аясында Сіздер облыстық партия филиалына өз ұсыныс-пікірлеріңізді жолдай аласыздар. Ұсыныстар облыстық партия филиалының Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 13А мекенжайындағы ғимаратында қабылданады.

Байланыс телефондары: 8 (7282) 30-55-90, 30-55-22, 30-55-97.

Нұр Отан
Жедел желі
+7 800 080 44 41
WhatsApp Viber
+7 700 800 44 41
www.nurotan.kz
#нуротан #nurotan

Құрметті ұлттық ат спортының жанкүйерлері!



Сіздерді 2017 жылғы 14 қазан күні облыстық «Талдықорған» ипподромында өтетін Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Өңірлік мәдениет, дәстүр және құндылықтар» жобасын жүзеге асыру аясында және «Рухани қазына» кіші бағдарламасын іске асыру мақсатында ұлттық ат спорты түрлерінен өтетін «Жетісу жүйрігі» облыстық турнирін тамашалауға шақырамыз.

Жарыс бағдарламасында 41 шақырымға аламан бәйге, 21 шақырымға топ бәйге, 5 шақырымға тай жарысы өткізіледі.

Аламан бәйге – бас жүлде автокөлік және 5 орынға жүлде тігіледі;
Топ бәйге – бас жүлде автокөлік және 5 орынға жүлде тігіледі,
Тай жарысы – бас жүлде мотоцикл және 3 орынға жүлде тігіледі.
Келіңіздер! Көріңіздер!

Байланыс телефондары: 87027771976, 87757500201, 87027771976.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 113 (18389)
Сейсенбі, 10 қазан, 2017 жыл.

ЖЕТІСУ-ақпарат

Жүлде ұтып ал!

Республикалық деңгейдегі қос акция биыл да жалғасын тапты. Есептік-бақылау маркаларының болуы мен түпнұсқалығын анықтауды мақсат еткен «Акцизді тексер – жүлде ұтып ал» шарасы ел мүддесіне бағытталған. Ал «Чек талап ет – жүлде ұтып ал» акциясы азаматтардың белсенділігін және халықтың салықтық сауаттылығын арттыруды міндеті санайды.

Акцияның халық арасында ақшалай есеп айырысу барысында бақылау-кассалық аппаратын қолданудың әлеуметтік-экономикалық маңызы жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыруына пайдасы тимек. Сондай-ақ, азаматтарды тұтынушы ретінде өз құқығын қорғай білу мәдениетіне тәрбиелемек. Акция «Play market» және «APP Store» электрондық жүйелері арқылы жүргізіледі. Яғни, телефонға көлеңкелі экономикаға қарсы «Wipon» мобильді қосымшасын жүктеу жеткілікті. Түрлі смартфондар мен басқа да гаджеттер арқылы тұтынған тауардың түбіртегін суретке түсіріп жіберсе болғаны. Төлемді анықтайтын қанша қағаз жіберсе де қатысушының өз еркі. Фискальді чектің фотосын жіберушілер саны да шектеусіз. Акцияда алкогольдік өнімдерді есепке алу, бақылау маркаларының түпнұсқалылығын тексергендер үшін мүмкіндік мол. Бір түбіртек бір ұтыс билетіне теңелетінін ұмытпаған жөн. Жіберілген чек санына орай жеңіске деген жолда жақындай түспек.

Акция барысында барлық облыстар мен Астана, Алматы қалаларында ай сайын жүлделердің ұтысы мен оларды табыстау шарасы өтеді. Облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінде де төрт айдың ойыны қорытындыланды. Кездейсоқ таңдау әдісімен анықталған жеңімпаздар Алғыс хатпен марапатталып, жүлделі сыйлықтарға (теледидар, қысқатолқынды пеш) қол жеткізді. Айта кетерлігі, облыс бойынша акция басталғаннан бері 150 қатысушының 1500 ойын купоны ойнатылған. Ал республикалық шара 30 қарашада өткізілмек. Бас жүлде – автокөлік. Басты ұтыстан қазір қатысқандар да қалыс қалмайды.

Ашық есік күні

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының облыстық филиалында «Зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі» тақырыбында Ашық есік күні өтті.

Басқосуда көпшіліктің назарына «Зейнетақы жинақтарын төлеу» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Онда елімізде зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға қатысты маңызды мағлұматтар берілді. Шараға қатысқан тұрғындар міндетті зейнетақы мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерінің жыл сайынғы сомасы қалай есептелетіндігі, оларды алуға кімнің құқығы бар екендігі, ерікті жарна есебінен төлем алудың ерекшеліктері, шетелге тұрақты тұруға кетуге байланысты зейнетақы жинақтарын төлеу тәртібі туралы сұрақтар бойынша толыққанды жауап алды. Сонымен қатар, БЖЗҚ облыстық филиалының қызметкерлері тұрғындарға таяу уақытта енгізілетін жаңа өзгерістер жайында да хабардар етті.

Егер қазір зейнетақы төлемдері алушының таңдауы бойынша белгіленген кестеге сәйкес ай, тоқсан және жыл сайын төленетін болса, 2018 жылдың 1-қаңтарынан бастап БЖЗҚ-дан міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін төлемдер тек ай сайын ғана жүзеге асырылатын болады. Егер алушылардың зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен (374 940 теңге) аспаған жағдайда, аталған сома алушыға БЖЗҚ-дан бір рет төленетіндігін айта кеткен жөн.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ұйымдастыруымен тоқсан сайын Ашық есік күні тұрақты өткізіліп тұрады. Облыстық филиалда өткен аталмыш шараға 127 адам қатысып, өздерін толғандырған сұрақтарға тұшымды жауап алды.

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ҚЫЗЫЛША ӨҢДЕУ қарқыны жоғары

Өңірімізде жыл сайын қант қызылшасын өсіру қарқын алып келеді. Биыл «Көксу қант зауыты» ЖШС 250 мың тонна, «Ақсу қант зауыты» ЖШС 100 мың тоннадан астам қант қызылшасын қабылдайды деп жоспарлануда. Осыған орай, шаруалардың жыл бойы төккен терінің ақысын дер кезінде алу үшін де бар мүмкіндік жасалуда. Қарбалас жұмыстың арасынан уақыт тауып, «Көксу қант зауыты» ЖШС-не барып қайтқан облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ ондағы жұмыс барысымен танысып, қызылшашыларға көрсетілген көмек пен қолдауды көріп қайтты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Өңірімізде қант қызылшасын өсіру ауқымы жылдан жылға кеңейіп келеді. Биыл 16 мың гектар алқапқа қант қызылшасы себіліп, жоспардағыдай өнім алынды. Алайда, өнімді қабылдау барысында біраз қиыншылықтың болғаны рас. Осы кемшілікті болдырмау үшін аталған зауыт биыл 1,5 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартып, зауыт құрылғыларын жаңартып, жұмыс ауқымын кеңейтумен қатар өнім сапасын арттыруды қолға алды. Осындай еңбектің нәтижесінде зауыттағы құрылғылар 80 пайызға жаңартылып, қазір қант қызылшасын қабылдау науқаны қызу жүріп жатыр.

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексенбай Бекішевтің айтуынша, биыл облыс аумағында 9,2 мың гектар жерге қант қызылшасы себіліп, бүгінгі таңда өнімді жинап алудың қауырт кезеңі басталған. Алдын ала болжам бойынша орта есеппен гектарына 350 центнерден өнім жиналуда. Алдағы уақытта бұл сан өсе түсуі мүмкін. Сондай-ақ, биыл Көксу қант зауыты заманауи өлшемге сай құрылғылармен жаңартылса, Аксу қант зауыты шикізат қабылдай бастады. Демек, былтырғы жылғыдай өнім қабылдауда қиындық туындамайды. Оның үстіне, қант қызылшасын сұрыптайтын германиялық құрылғылар уақытты тиімді пайдаланып, тез әрі сапалы жұмыс жүргізуге сеп болыпты.

«Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Әділбек Абатовтың айтуынша, жаз бойы зауыттың күрделі жөндеу жұмысына 200-ге тарта адам жұмылдырылған. Бұрынғы Кеңес одағы кезіндегі көнерген құрылғылар Швейцария, Германия, Украина, Ресей, тағы да басқа елден алынған заманауи жабдықтармен ауыстырылыпты. Сонымен қатар, қант қызылшасы төгілетін алаңның тең жартысы цементтеліп, жаңартылған. Қант қызылшасын қабылдау қондырғылары Германияда шығарылған қуаттылығы жоғары екі құрылғымен толығыпты. Олар күніне 2 мың тоннадан 6 мың тоннаға дейін қант қызылшасын қабылдауға қауқарлы.

– Зауыт биыл 250 мың тонна қант қызылшасын қабылдауға қауқарлы. Бүгінге дейін қолда бар техникамен шикізаттан 10 пайыз таза өнім алып келді. Ал жаңартылған құрылғылар өнімнің сапасын арттырып, еңбек күшін үнемдеу, қант қызылшасын қабылдау мүмкіндігін жақсартады. Яғни, алдағы уақытта жаңа құрылғылардың көмегімен қант қызылшасының әр тоннасынан 12-13 пайыз таза өнім алуға қол жеткізетін боламыз, – дейді зауыт директоры.

Көксу қант зауытына жақын маңдағы төрт аудан еңбеккерлері өсірген қызылша өткізіледі. Көксу ауданының әкімі Алмас Әділдің айтуынша, аудан бойынша 260 шаруа қожалығы қант қызылшасын өсірумен айналысады. Олар биыл 1700 гектар жерге қант қызылшасының сапалы тұқымын сеуіпті. Сондықтан, гектар берекелігін 350 центнерден асырып, 60 мың тонна өнім алмақшы. Қазіргі таңда 500 гектар жердің қызылшасы жиналып, зауытқа өткізілген. Ауа райы қолайлы болса, қант қызылшасын жинау науқаны белгіленген уақытта бітеді.

Облыс басшысы мамандардың пікірін толық тыңдағаннан кейін зауытты аралап көрді. Расында, бұрынғыдай адам күшімен атқарылмайтын, компьютермен жабдықталған заманауи зауыт қондырғылары кімкімді болса да қызықтырады. Қызылшаны жуудан тартып, жармалап, езіп, пісіріп, ең соңында дайын өнімге айналдырып, оны қаптауға дейінгі жұмыс жаңа технологияның күшімен атқарылуда. Тағаны бетондалған шикізат төгу алаңындағы германиялық техникалар бір ретте өнімді тазалау мен жинау жұмысын қатар атқарып тұр. Қысқасы, зауыттағы жұмыс ритмі өңір басшысының ойынан шықты. Соңында зауыт басшылығы мен жұмысшыларға осы қарқынды әлсіретіп алмай, өнімді уақытында өңдеп бітіруді тапсырды.

Құрметті ұлттық ат спортының жанкүйерлері!



Сіздерді 2017 жылғы 14 қазан күні облыстық «Талдықорған» ипподромында өтетін Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Өңірлік мәдениет, дәстүр және құндылықтар» жобасын жүзеге асыру аясында және «Рухани қазына» кіші бағдарламасын іске асыру мақсатында ұлттық ат спорты түрлерінен өтетін «Жетісу жүйрігі» облыстық турнирін тамашалауға шақырамыз.

Жарыс бағдарламасында 41 шақырымға аламан бәйге, 21 шақырымға топ бәйге, 5 шақырымға тай жарысы өткізіледі.

Аламан бәйге – бас жүлде автокөлік және 5 орынға жүлде тігіледі;

Топ бәйге – бас жүлде автокөлік және 5 орынға жүлде тігіледі,

Тай жарысы – бас жүлде мотоцикл және 3 орынға жүлде тігіледі.

КЕЛІҢІЗДЕР! КӨРІҢІЗДЕР!
Байланыс телефондары:
87027771976,
87757500201,
87027771976.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

«НҰРЛЫ ЖЕР»

Баспанамен қамтитын БАҒДАРЛАМА

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен селекторлық жиын өтті. Күн тәртібінде өңірімізде 2017 — 2021 жылға дейін «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру және бағдарлама аясында банк есебінен тұрғын үйлерді 2017 жылы пайдалануға беру мәселесі қаралды.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Басқосуға облыстық сәулет және қалақұрылысы, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, жер қатынастары басқармалары мен статистика департаментінің басшылары қатысты. Сондай-ақ, аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, аудандық құрылыс, сәулет және қалақұрылысы, жер қатынастары бөлімдерінің басшылары, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ өкілдері де ойларын ортаға салды. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырған соң Лаззат Махатұлы:

— «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру маңызды міндет болып саналады. Ол үшін біз ипотекалық несиелендірудің қолжетімділігін арттыру, тұрғын үй салуды жекеменшік салушылардың қолға алуын ынталандыру, кредиттік тұрғын үйді тұрғын үй құрылыс салымдарының жүйесі арқылы салу, халықты жалдамалы басқа қаланың тек 1 ғана жоба бар екендігін тілге тиек етті. Өз кезегінде облыс әкімінің бірінші орынбасары ұйымға Алматы қаласының маңайында орналасқан аудандармен тығыз қарым-қатынаста болуын тапсырды. Өйткені, сол аудандарда тұрғындар саны көп әрі баспана қажеттілігі жиі туындайды. Лаззат Махатұлы келешекте «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы тұрғын үйлерді көптеп салу керектігін назарға салды. Сөйтіп, жаңа бағдарлама аясында баспана мәселесі 2021 жылға дейін өз шешімін таппақ.

панамен қамтамасыз ету және үлестік тұрғын үй құрылысын қолдау сынды тапсырмаларды тиянақты орындауымыз керек. Әсіресе, кредиттік тұрғын үй санын арттыруға күш салуға тиіспіз, — деп бағдарламада көрсетілген негізгі тапсырмаларды жіктеп көрсетті.

Әрмен қарай «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымының өкілі Алмас Абишов атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Ол Алматы қаласы бойынша 74 жоба қолға алынғанын, ал Талдықорған қаласында 1 жоба бар екендігін айтып өтті.

ӘЛЕУМЕТ

БАҒА МӨЛШЕРІ бағамдалды

Қымбатшылықтың кей кездерде жұртшылықтың әбігерін алып, халықтың ойын сан-саққа жүгіртетіні рас. Әсіресе, өткен аптада жанармайдың күрт қымбаттап кетуі көпшілікті дүр сілкіндірді. Қарапайым қисынға салсақ, өзімізде шығатын мұнайдың бағасы қалыпты болса, жанар-жағармайдың құны өспеуі тиіс. Алайда алыпсатарлықпен айналысатын топтар ел мүддесін өзінің бас пайдасынан төмен көретіндіктен бағаның өсуіне оп-оңай жол береді екен. Оған соңғы күндері базарлар мен сауда орталықтарындағы азық-түлік құнының қымбаттауы дәлел. Нарықтағы бағаның мөлшерін бағамдап, тиісті шешімдер қабылдау үшін облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ арнайы рейд өткізді.

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

Құрамында облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексенбай Бекішев, облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының басшысы Алимжан Тохтасунов, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Мәмбетжанов және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар топ облыс орталығындағы бірнеше базар мен сауда орталықтарына бас сұқты. Алдымен ашылғанына көп болмаған «ОтпМаркет» сауда орталығына барған жұмыс тобы жексенбі күні онда жұмыс жұрмейтінін білді. Сонымен қатар, мұнда өткізілген ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесіне қала тұрғындарының келмегені белгілі болды. Өйткені, халық әбден үйреніп қалған коммуналдық базардан сауда жасаған. Осыған орай әр сенбі күні бақша дақылдары әкелінетін коммуналдық базарға барған рейд мүшелері көкөніс пен жеміс-жидектің бағасымен танысты. Мұндағы картоптың бөлшек саудадағы құны 180 теңге болып тұр. Әдетте сенбі күндері жәрмеңкеде 80-100 теңгеге бағаланатын картоптың бағасы неліктен күрт көтеріліп кеткен деген ой бізді де мазалады.

Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Мәмбетжанов:

– *Екі арадағы делдалдықтың ықпалы азық-түлік бағасының өсуіне айтарлықтай әсер етуде. Жалғыз картоп емес, қызанақ, қияр, пияз, қырыққабаттың бағасы да дәл осылай көтеріледі. Арзанға алып, қымбатқа саудалаушылардың арқасында дикан жаз бойғы еңбегін арзанға сатуға мәжбур,* – деп делдалдықтың сырын ашқандай болды. – *Өйткені, қолындағы өнімін тезірек өткізуді ойлайтын ауыл адамдары бақша дақылдарын егістік алқаптан сатып әкететін саудагерлерге бере салады. Соған байланысты делдал екі араға кеткен шығынының мөлшерін алған тауарға шағып жіберіп, картоп пен сәбізді өзінің бағасынан екі есеге артық саудалайды. Соның кесірінен базарлардағы баға құны көтеріліп, қарапайым халықтың түсінбеушілігін тудыруда. Шынын айтқанда, екі ортадан табыс тауып жүргендер жанашырлықты емес, керісінше, тұрғындардың қалтасын қағуды ойлайды. Бұл азық-түліктен бөлек киім-кешек, тұрмыстық заттарды сатушыларға да қатысты.*

Бұдан соң коммуналдық базардың жанында «Смолл» сауда үйіндегі бағаны бақылап шыққандар қант пен ұнның бағасын нақтылады. Мұнда 1 сортты ұнның 10 келісі 600 теңгеден қойылыпты. Ал, қанттың 1 келісі 180 теңгеден бағаланыпты. Бұдан кейінгі бағаның құнын салмақтау «Дәулет» базарында жалғасты. Мұндағы сатушылардың айтуынша, картоп, сәбіз, қырыққабат, пияз сияқты көкөністер мен алма, алмұрт, бүлдірген секілді жеміс-жидектерді жеткізіп тұратындар сатуға тастап кетеді. Яғни, ақшасын сатылған соң ғана алады. Бір қызығы, өзімізде шығатын жұмыртқа соншалық қымбат болмауы керек еді. Алайда базарда 10 данасы 300 теңгеден сатылып жатқан жұмыртқа «Ақ құс» сауда маркасымен саудалайтын «Когер ЛТД» ЖШС-нің дүкенінде 250 теңгеден тұр. Осыған қарап, делдалдықтың баға тұрақтылығына әсерін байқауға болады. Бұдан соң сүт өнімдерін шығаратын «JLS Сүт» ЖШС-нің дүңгіршегіне бас сұққан рейд мүшелері ондағы бағаның қолжетімділігін байқады. Осыған орай облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов «Когер ЛТД», «JLS Сүт» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің дүңгіршектерін көбейтуді, баға тұрақтылығын қамтамасыз ететін өзге де тетіктерді қарастыруды басқарма басшыларына тапсырды.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ

Облыстың барлық өңірінде күзгі санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Екі айға жарияланған іс-шараның барысымен арнайы танысуға келген облыстық тексеріс тобы жұмысын ең алдымен Іле ауданының Өтеген батыр кентінен бастады.

ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Жаңбыр жауып жел тұрған соң жапырақ шашылып, қоқыс та көбейеді. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінен құралған топ арнайы сенбілікке шығып, көше тазарту жұмыстарына кірісіп кеткен. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, экология, архитектура және құрылыс басқармаларының қызметкерлерінен құралған облыстық тексеріс тобы аудан ғана емес, ауылдардағы күзгі санитарлық тазарту жұмыстарының барысын да бақылады. Аудан орталығындағы бірқатар көшелерде, жол жиегіндегі ағаш маңында жиналған қоқыс сынға алынды. Дүкен маңында да азды-көпті қоқыс кездесіп қалады. Энергетик ауылының әкімі Сабыр Зәкіржанов бұл орындарға жекеменшік аймақ болғандықтан контейнер қойылмайтынын, бірақ аптасына бір рет «Бастау Ик – 2008» компаниясы келісімшартпен қоқыс тасып тұратындығын тілге тиек етті. Аудандағы сынға алынған аймақтардың көбісі жеке секторлар болып шықты.

Былтыр сынға алынған Байсерке ауылында көп жұмыс атқарылған. Оң нәтижесі көрініп-ақ тұр. Облыстық бюджеттен бөлінген 10 млн. теңге қаражат жол жөндеуге, көшелерді абаттандыруға жұмсалған. Мектеп айналасына көп жылғы көшеттер, гүлдер отырғызылып, айнала жарқырай түскен. Ауыл әкімі Татьяна Отыншиева тексеріс барысында әрбір жекеменшік мекеме басшыларымен сөйлесіп, тазалық жұмыстарын жіті қадағалап жүргенін айтты.

Мақпал ТӘЖМАҒАНБЕТОВА.
Іле ауданы.

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

ЕҢБЕК ЕЛЕУСІЗ қалмайды

Облыс орталығындағы Оқушылар сарайында Еңбек күні мерекесі аталып өтті. Салтанатты жиынға Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев қатысып, әр салада тер төгіп жүрген еңбеккерлерді құттықтады.

Жұмысшылардың еңбегін бағалау, оларға құрмет көрсету мақсатында өткізілген мерекелік жиын қала әкімінің құттықтау сөзінен бастау алды.

– Еңбек күні – жалпыға ортақ мереке. Бұл айтулы шарада әрбір қызметкердің еңбегі елеусіз қалмауы тиіс. Күн сайын тотыдайын таранып, әсем келбетке ие болып келе жатқан Талдықорған қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына бір кісідей атсалысып, әр салада нәтижелі еңбек етіп жүрген еңбеккерлер қандай құрметке болса да лайықты. Ел дамуы жолында үлкен еңбек еткен сіздерге айтар алғыс шексіз, – деді Бағдат Қарасаев.

Мереке аясында бірнеше адамға қала әкімдігінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаты және лайықты еңбек еткен жандарға Талдықорған қаласының Құрметті азаматы атағы тапсырылды. Олардың қатарында 10 жылдан астам Талдықорған қаласы әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімінің басшысы болып қызмет атқарған, қоғамдық саяси-ахуал мен ұлтаралық келісім тұрақтылығын сақтауға үлес қосып, зейнеткерлікке шыққан да қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрген Раушан Жәнібекова, жеке кәсіпкер, «Экономика саласының үздігі» орденінің иегері Ғайша Рахимова, «Казэнергоэкспертиза» ЖШС Талдықорған қалалық филиалының директоры Егай Александр және Талдықорған политехникалық колледжінің директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогикалық білім ғылымдарының Халықаралық академиясының корреспондент-мүшесі Ғайнижамал Тәкенова бар.

Салтанатты жиында жиналған көпшілікті айтулы мерекемен Раушан Жәнібекова құттықтап, әр саланың тізгінін ұстаған қызметкерлердің жұмысына сәттілік тіледі. Кеш соңында «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынды.

Еңлік БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.

Жетісу
1918–2017

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

БРИФИНГ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

БАҒА ТҰРАҚТАЛЫП ҚАЛДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ қатысуымен өңірдегі жанар-жағармай бағасының көтерілуіне байланысты туындаған мәселелер сөз болды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Шараға облыстық кәсіпкерлік, индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Алимжан Тохтасунов, облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Әсет Қанағатов, Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Тұрсынбай Галинов қатысып, журналистердің сұрағына жауап беріп, қалыптасқан жағдай туралы ойларымен бөлісті.

– Елімізде, соның ішінде облысымызда жанар-жағармай тапшылығы сезілуде. Оның түрлі себебі бар. Мұндай жағдай Павлодардағы мұнай өңдеу зауыты жөндеу жұмыстарына уақытша тоқтатылғандықтан туындап отыр. Десе де, осындай келеңсіздіктер туындай қалса жұрт арасында орынсыз жағдайдың бірден белең алатыны белгілі. Осы жолы да күнделікті нормадан асыра бензин сатып алуға ниеттенген тұрғындар тарапынан келеңсіз жайлар орын алды. Айта кетерлігі, күнделікті жағдай қатаң бақылауда. Қазір Шымкенттегі мұнай өңдеу зауытынан өңірге жеткілікті жанармай қорын тасымалдау ісі қолға алынды. Демек, көп уақыт өтпей орын алған жағдай қалпына келеді деген ойдамыз, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов.

Бәрімізге аян, 4 қазаннан бастап өңірдегі бензиннің бағасы көтеріле бастады. Сол күндері 152-153 теңгеден сатылған жанармайдың бағасы 159 теңгеге дейін көтерілді. Облысымызда жанар-жағармай сататын 335 бекет бар. Облыстық кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму басқармасы 19 аудан мен қаладағы кәсіпкерлік бөлімдерімен бірлесіп бағаны реттеу мен бензин тапшылығын жою бағытында белсене жұмыс істеуде. Облыс орталығы Талдықорған қаласы бойынша жанар-жағармай сататын 28 бекет болса, оның 25-інде бензин тек талонмен ғана берілуде. Осы аптада «Синойлдың» 1, «Казпромнефтьтің» 3, «Наройлдың» 1, тағы да басқа жанар-жағармай сату бекеттерінде бензин белгіленген уақыт бойынша сатылып отырды.

Жанар-жағармай бағасының аяқастынан көтеріліп шыға келгенінің басқа да себебі бар екен.

– Бүгінгі күні еліміздегі Павлодар мұнай өңдеу зауытының уақытша жөндеуден өтуіне байланысты, қазір тек біздің қаламызда ғана емес, барлық облыстарда осындай жағдай орын алуда. Осыған байланысты Талдықорғанда жанар-жағармай тапшылығы сезілуде. Бүгінгі күні қаламызда 28 жанар-жағармай сату бекеті тіркелген. Оның ішінде бензинді үздіксіз сатып жатқан «Газпромнефть» бекеті. Осы кәсіпорынның қаламыз бойынша үш нүктесі бар. Ол жерлерде бензин еш кедергісіз сатылуда. Ал 25 бекетте бензин талон арқылы беріліп жатыр, – дейді облыстық кәсіпкерлік, индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Алимжан Тохтасунов.

Қазір Талдықорған бойынша тек «Газпромнефть» жанар-жағармай сату бекетінде сұйық отын еш кедергісіз сатылып жатыр. Өйткені, олар бензинді Ресейден тасымалдап отырғандықтан бензин тапшылығын сезіне қойған жоқ. Сенбі, жексенбі күндері аталған жанар-жағармай құю бекетіндегі кезек жүздеген көлікке жетсе, апта басталысымен мұндай кезек болған жоқ. Сөз кезегінде облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Әсет Қанағатов қатты және сұйық отынның жоспардағыдай дайындалып отырғанын, бұл тарапынан ешқандай қиындықтың жоқ екенін жеткізді. Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Тұрсынбай Галинов бензин бағасының көтерілуіне орай туындаған зат бағасындағы қымбатшылықтың алдын алу жөнінде жұмыс істеліп жатқанын тілге тиек етті.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ҚАЛАҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ кеңесі

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен Қалақұрылысы кеңесінің отырысы өтіп, онда өңірдегі құрылыс пен жаңғырту жұмыстарына қатысты 6 жоба қаралды.

Алғашқы болып Талғар ауданы, Бесағаш ауылындағы «Villa 96» коттеджді қалашық құрылысының жобасы таныстырылды. Жобада әрқайсысы 2 отбасына лайықталған 29 коттедждің, сонымен қатар балалар ойын және спорт алаңдарының, велосипед жолдарының құрылысы қарастырылған. Аумағы түгелдей абаттандырылып, көгалдандырылады. «ПКС «Архат – 2» жобалау ұйымының өкілі Анастасия Шестопалованың айтуынша, коттеджердің біреуін әкімшілік мақсатта пайдалану жоспарда бар. Сол ғимаратқа балабақша, дәріхана орналастыруды қолға алуға болады.

Сонымен қатар, Қарасай ауданы, Қаскелең ауылдық округінде «Бибі Айша» тұрғын үй кешені құрылысының жобасы таныстырылды. «АБ-М» ЖШС өкілі Қамбар Өстеміров жоба аясында 312 пәтерлі 13 алты қабатты үйлер салынатынын жеткізді. Мұнда бір және екі бөлмелі пәтерлер, 3-ші класты үйлер орналасады. Тұрғын үй кешені тұрғындарының саны шамамен 800-дей адам болады деп күтілуде.

Кеңес барысында Панфилов ауданы, Нұркент кентінде 100 нөмірлі қонақүй, Алматы қаласының батыс кіреберісіндегі құрылыс материалдарының гипермаркеті мен сауда кешенін салуға 18 млрд. теңге инвестиция тартылып, 2 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретіндігі сөз болды. Сол қатарда «Қорғас» ХШЫО-ның жобасына енгізілген өзгерістер жұрттың көңілінен шығатындығы белгілі болды. Бұл жайлы «Урбостиль» ЖШС директоры Любовь Нысанбаева баяндап берді.

Жалпы, осы жолғы қаралған барлық жоба сарапшылар жағынан мақұлданды. Олар келесі жылы көктемде құрылыс жұмысын жүргізбек.

Қ. ОМАРАҚЫН.

СЕМИНАР

ОҚЫС ЖАҒДАЙҒА ДАЙЫНСЫЗ БА?

Талдықорған заң колледжінде облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Төтенше жағдай және террористік акт кезінде әрекет ету, алғашқы көмек көрсету» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Іс-шараға білікті нұсқаушы-бапкер, көпжылдық «Қызыл Ай» халықаралық қоғамында еңбек тәжірибесі бар Мариям Негметжанова арнайы қатысып, өз ойымен бөлісті.

Семинар-тренингтің негізгі мақсаты – әр категориядағы тұрғындарды төтенше жағдай және террористік акт кезінде әрекет етуге, алғашқы медициналық көмек көрсетуге оқыту.

– Бүгінгі таңда көше ортасында адам құлап, болмаса өзін жайсыз сезініп, өмір мен өлімнің арасындағы жағдайда жатса, абдырап, тыпыршып қаламыз. Жедел жәрдемге бірден хабарласуыңыз мүмкін, бірақ олар келгенше бірінші көмекті өзіңіз көрсетуіңіз керек. Біз алғашқы көмектің сапалы болуын үйретеміз, көрсетеміз. Оқыс оқиға аяқ асты. Бәріне дайын болуымыз қажет. Бүгінгі тренингті ұйымдастырудағы басты мақсатымыз да осы. Реанимациялық көмек көрсетуді осыған дейін «Қызыл Ай» қоғамы Талдықорғандағы жол сақшыларына да көрсеткен болатын. Қайғылы жағдайларды азайтуға барынша күш салып келеміз, – дейді Мариям Негметжанова.

Оның айтуынша, адамның өмірі мен денсаулығына кенеттен қауіп төнген жағдайда алдын алып, зиянды әсерін азайту керек. Бапкер алғашқы көмек көрсетудің жедел әрі жеңіл тәсілдерін үйретті. Заң колледжінің білімгерлері белсенділік танытып, тренинг ұйымдастырушының әр көрсеткенін қайталап, үйренгендерін іс-жүзінде дәлелдеді.

Семинар-тренинг Талдықорғандағы №4 орта мектепте жалғасты. Шара қауіпсіздікті күшейту мақсатында басқа да мекемелерде жалғасын таппақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ЭКОЛОГИЯ

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ТҮГЕНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 154-бабына сәйкес табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қалдықтарды түгендеу жөніндегі есепті жолдайды.

Қалдықтарды түгендеу жөніндегі есеп нысанын және оны толтыру жөніндегі нұсқаулығы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 29 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген.

Есеп жыл сайын 1 қаңтардан 1 наурызға дейін қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде ақпараттық жүйенің экрандық нысанын толтыру (ҚОҚ БАЖ – қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі) және ақпаратты беруге жауапты табиғат пайдаланушының лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңба қоюы арқылы ұсынылады. ҚОҚ БАЖ-нің бағдарламасына кіру үшін сілтеме: (http://oos.energo.gov.kz/).

ҚОҚ БАЖ-нің бағдарламасында «Қалдықтарды түгендеу бойынша есеппен жұмыс істеудің нұсқамасы» – бейнесабағы орналастырылған. Жүйенің бастапқы бетінде (сол жақ жоғарғы бұрышта «нұсқама» бөлігінде) сондай-ақ, жүйеге кіргеннен кейін «Нұсқама» мәзірінде – «Қалдықтарды түгендеу бойынша есеп (бейне)» (https://www.youtube.com/embed/pbszEhsJ7dA).

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап, есеп тапсыру кезінде пайда болатын сұрақтар және жүйенің техникалық сұрақтары бойынша кеңес беретін қолдау қызметі (байланыстар: **8-775-658-32-87, 8-747-536-89-86)** жұмыс істеуде.

С. ҚАНАПИЯНОВ,
Алматы облысы бойынша экология департаментінің бас маманы.





Рухы күшті елдің келешегі жарқын. Бұл тұжырымның аясында айдарлы Алаш ұрпағының арман тілегі, өткеннен қанға сіңген салт-дәстүрі, келешекке деген құштарлығы топтасқан. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында негізінен халықтың осы тұрғыдағы сезім сілкінісін ояту көзделген.



РУХ СЕЗІМ сілкінісімен жаңғырады

Жүздеген жылдарға созылған тарих толқынында бұйығыланған рухани сезімді жаңғырту оңай іс емес. Сондықтан да еліміздегі зиялы қауым, облыс, аудандардағы үгіт-насихат топтары қарапайым халыққа Тәуелсіздігі тұғырланған мемлекеттің жаңа даму үрдісі басталғанын, Елбасының орайлы ойын тірек етіп, жан-жақты жаңғыруды тілге тиек етіп, бағдарлы жұмыс жасауда.

Жақында облыстағы дін істері басқармасының ұйытқы болуымен «Рухани керуен» тобы жазиралы Жаркент өңіріне келді.Топ құрамында облыстық дін басқармасы, «Нұр Отан» партиясы, медицина, және әлеуметтік сала, БАҚ қызметкерлері, имамдар және өнер ұжымдарының өкілдері бар.

Ауқымды шара алдымен Жаркент қаласындағы аудандық Мәдениет үйінің алдында 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінің құрбандары, жаркенттік жалынды жастар Ербол Сыпатаев пен Ләззат Асановаға арнап қойылған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, Тәуелсіздікті аңсаған қазақ жастарының асқақ рухына құрмет көрсетумен басталды.

Керуен мүшелері бұдан соң Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің жиынжайында өздерін күтіп отырған аудан активімен кездесті. Кездесуді аудан әкімінің орынбасары Роза Мағрупова кіріспе сөз сөйлеп ашып, бас қосқан қауымға керуен мүшелерін таныстырды. Алғашқы сөз облыстық дін істері басқармасының басшысы Рақмет Есдәулетовке ұсынылды, «Рухани керуен» жұмыс тобының жетекшісі жиналған жұртқа Елбасы мақаласының мазмұны мен мәнін, мақсатын жүйелі әңгімесімен баяндады. Жиында топ мүшелері Қазақстанның Халық әртісі Алмахан Кенжебекова, облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Жұматай Әміреев, ҚМДБ-ның Талдықорған өңірі бойынша өкіл имамы Ардақ Оразбаев, Панфилов ауданының Құрметті азаматы Шәріпхан қажы Тұрғанов сөз сөйлеп, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан туындайтын байыпты бағдарлы мақсаттарды салиқалы ойларға жіктеп, салмақты мысалдармен жеткізді. Сөз сөйлеушілердің орамды ой, толғанысты сезіммен өрілген әңгімелері залға жиналған қауымды ұйытып, көңілге серпіліс сыйлағанын аңғардық.

Кездесу соңы концертік бағдарламаға ұласып, оған жергілікті өнерпаздармен бірге облыс орталығынан келген жұмыс тобының мүшелері жыршы, термеші Әбіш Әділбеков, дәстүрлі әнші Кенжекей Ақжолова да ән, жырларымен шашу шашты. Бұдан соң осы колледжде жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру: ел ертеңінің бастауы» тақырыбында студенттердің зиялы қауым өкілдерімен кездесуі, аудандық жұмыспен қамту орталығында «Рухани жаңғыру: жарқын істердің бастамасы» деген тақырыпта деструктивке шалдыққан отбасы мүшелерін қоғамға бейімдеу бойынша әлеуметтік мәселелерін шешу жолдарын қарастыру, аудандық ауруханада «Денсаулық – болашақ кепілі» тақырыбында діни нанымына байланысты себептермен екпе, қан құюдан бас тартқан азаматтармен жұмыс жасалды. Жұмыс тобы мүшелерінің тағы бір қатары аудан ақсақалдарымен жүздесу өткізсе, Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің жиынжайында «Ақпараттық түсіндіру жұмысы – діни сауаттылықты арттырып, рухани байлығымызды дәріптейді» деген тақырыпта өңір тұрғындарымен дінтанушы Тимур Нүсіпханұлы ақпараттық түсіндіру жөніндегі ой-пікірімен бөлісті.

Облыс орталығынан келген «Рухани керуен» көпшілігін көңілінде көрікті ой қалдырды. Кездесулер барысында толғақты мәселелер қозғалып, толымды ой өрген топ мүшелеріне жергілікті халық алғыс айтып, сапарларына сәттілік тіледі.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ.
Жаркент қаласы.

ИНВЕСТФОРУМ



ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ тартылады

Ұлы Жібек жолының бойынан орын тепкен Талдықорған қаласының даму мүмкіндігі мол. Мұндай пікір өңір орталығында тұңғыш рет өткізілген «Талдықорған инвест – 2017» халықаралық инвестициялық форумында айтылды. Игі бастаманы қалалық әкімдік пен облыстық кәсіпкерлер палатасы бірлесе ұйымдастырды. Шарада еліміздің кәсіпкерлерімен қатар Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея, Германия және Ресейден 70-ке жуық компания өкілдері бас қосты.

Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

Шараға облыс әкімінің орынбасары Жеңіс Тұяқов, Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев, облыстық кәсіпкерлер палатасының басшысы Ләззат Шыңғысбаева, қатысты. Алдымен халықаралық және республикалық қаржылық ұйымдардың көрмесі ұйымдастырылып, кәсіпкерлер үшін кездесулер өткізілді.

Форум қатысушылары Талдықорған қаласының даму және инвестициялық мүмкіндіктері туралы фильмді тамашалады. Жиналғандарды облыс әкімі Амандық Баталовтың атынан Жеңіс Шылбыңұлы құттықтап, облыстың даму динамикасы жөнінде мағұлмат берді.

– Соңғы жеті жылда облысқа тартылған инвестиция көлемі ауқымды. Біз өңірге инвестиция саламын деген кәсіпкерлерді қуана қарсы аламыз. Әрі оларға барынша қолайлы жағдай жасауға дайынбыз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Бұдан соң Бағдат Әбілмәжінұлы бизнес-салымшыларға қаланың инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды. Жаңа экономикалық ахуалдағы жаңарған қаланың даму жоспарына тоқталды. Әрі облыс орталығы үшін шағын және орта бизнестің қандай маңызға ие екенін атап өтті.

Бүгінде қала қазынасына түсетін алым-салықтардың 50 пайыздан астамын шағын және орта бизнес береді. Мәселен, биыл 9 айлық көрсеткіш бойынша аталған кәсіпкерліктен 8 млрд. теңге көлемінде салық түскен. Бұл былтырдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 75 пайызға жоғары. Қазірде аталмыш кәсіп түрі бойынша он мыңға жуық бизнес субъектісі бар. Оларда 26 мыңнан аса адам еңбек етуде. Жыл басынан бері шаһарда 15 жаңа кәсіпкерлік нысан ашылып, үш жүзден аса адам жұмыспен қамтылған.

– Талдықорған көршілес екі алып ел – Қытай мен Ресейдің көлік магистральдарына жақын орналасқан. Бұл экономикалық тұрғыдан өте тиімді. Қалаға ауылшаруашылығы алқаптары іргелес жатқан аймақтар да біз үшін маңызды. Біз олармен бірлесе жұмыс істеу арқылы ауылшаруашылығындағы негізгі бағыттарды жылдам дамытуға мүмкіндік аламыз. Әрі соның арқасында сапалы, экологиялық жағынан таза өнімдерді көршілес мемлекеттерге іркіліссіз экспорттап, шығарылатын тауар көлемін де тез ұлғайта аламыз, – деді қала әкімі. Бұдан әрі өңір орталығының кәсіпкерлік үшін тиімді саналатын өзге де артықшылықтарын саралай келіп:

– Бизнес үшін бізде барлық жағдай жасалған. Сондықтан барлық әлеуетті инвесторларды өз жоспарын біздің қаламызда жүзеге асыруға шақырамыз, – деді ол.

Әлеуетті инвестор демекші, шара аясында мұндай мүмкіндігі жоғары кәсіпкерлерге барынша қолдау көрсетіліп, жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінетіні жеткізілді. Сондай-ақ, мемлекет пен жекеменшік әріптестік негізінде салынатын тұрғын үйлер мен өзге де әлеуметтік нысандарға инвестор тарту мәселесі де қарастырылды.

Форумға қатысушы «Лунь Юань ЖЕТЫСУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Янь Гуан Хуанның айтуынша, олар үшін бұл басқосудың маңызы зор. Аталған серіктестік бүгінде Жетісу жерінде 2,600 млн. доллар қаражатқа мал бордақылау алаңын салуды бастап кеткен. Қазақстанның жергілікті өнімі өндірілетін өндіріс алаңында 5000 – 10000 қой бордақылайтын арнайы алаң болмақ. Жоба сәтті жұмыс істеген жағдайда Қытай инвесторы ары қарай тағы бірнеше зауыт салуға мүдделі.

Осы ретте Ләззат Алтынбекқызы сөз алып, инвесторлардың облыс үшін маңызы жайында әңгімеледі.

Жиын соңында Бағдат Әбілмәжінұлының қатысуымен бес меморандумға қол қойылды. Нәтижесінде Жетісудың бас шаһарына құны 10 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылмақ.



ЖАСТАР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Жастар арасында кезігетін кедергілер мен мәселелер аз емес. Осыған орай облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАРДЫҢ төрағалығымен Жастарға қызмет көрсету орталығында жиын өтті.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Басқосу ауылдық жерлердегі жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және жұмыспен қамтамасыз ету бойынша құрылған арнайы топтың атқарған қызметіне арналды. Жақсылық Мұқашұлы қатысушыларды күн тәртібінде көтерілетін мәселелермен таныстырған соң облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Айдын Нұрмұхамбетов баяндама жасады.

– Жұмыс тобының мүшелері бүгінге дейін барлық аудан, қала, ауылдық округ жастарымен кездесті. Кездесулерге ауылдың жас мамандары, жалдамалы жұмысшылар, спортшылар қатысты. Олардың көпшілігі спорттық және мәдени нысандарды жөндеу, қажетті заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету, әртүрлі үйірме ашу сынды ұсыныстарын жеткізді. Осы ұсыныстарды 2018 жылдың жылдық жоспарына енгізіп, іске асырсақ деген тілек-ниетіміз бар, – деген ол жұмыс тобының атқарған қызметімен таныстырды.

Өңір басшысының орынбасары барлық 106 ауылдағы нысанды жабдықтап, жөндеу жұмысын жүргізу үшін 250 млн. теңге қаржы қажет екендігін жеткізді. Осы тұрғыда «Жасыл ел» еңбек және студенттік құрылыс жасағын пайдаланып, ұсыныстарды іске асыруды назарға салды. Сол себепті 2018 жылдың бірінші алты айлығында облыстық бюджеттен кемінде 100 млн. теңге бөлу керектігін, ауылдық жерлерде мәдениет және спорт саласы бойынша маман жетіспеушілігін тез арада шешуді тілге тиек етті.

Күн тәртібінде көтерілген екінші мәселе жастарды жұмыспен қамтуға арналды. Айдын Нұрмұхамбетовтың сөзіне сүйенсек, өңірімізде 14 пен 29 жас аралығындағы жастар саны – 432 483 адамды құрайы. Жұмыссыздық деңгейі былтырғы жылға қарағанда біршама төмендеген. 2016 жылдың екінші тоқсанында жұмыссыздық деңгейі 3,1 пайызды құраса, биылғы жылдың екінші тоқсанында 2,2 пайызды көрсетіп отыр. Жақсылық Омар жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін арнайы жол картасын жасауды тапсырды. Оқуын аяқтаған жастарды қадағалау міндеттерін жүктеп, мүмкіндігі шектеулі және ата-ана қамқорлығынсыз қалған жастардың жайына да тоқталды.

– Мүгедек жастар өкінішке орай өңірімізде баршылық. Оларды жұмысқа кіргізейік, оқытайық. Сол үшін 1 ай мерзімнің ішінде олардың нақты саны мен дипломы бар-жоғын анықтаңдар, – деді облыс әкімінің орынбасары. Сондай-ақ, жиында жастар арасындағы қылмыс деңгейін төмендету мен жат ағымға кетудің алдын алу мәселелері де көтерілді.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 118 (18394)
Сейсенбі, 24 қазан, 2017 жыл.

БӘРЕКЕЛДІ!

«ЖЕТІСУ» – ЧЕМПИОН!

ТАЛДЫҚОРҒАННЫҢ «ЖЕТІСУ» ФУТБОЛ КОМАНДАСЫ ӨЗ АЛАҢЫНДА СОЛТҮСТІКТІҢ «ҚЫЗЫЛЖАР» КОМАНДАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ. ӨТКЕН ЖЫЛЫ СӘТСІЗ ӨНЕР КӨРСЕТІП, ПРЕМЬЕР-ЛИГА САПЫНАН ТҮСІП ҚАЛҒАН «ЖЕТІСУ» КОМАНДАСЫ БІРІНШІ ЛИГАДА ТАМАША ӨНЕР КӨРСЕТТІ. Д. ОГАЙДЫ БАПКЕРЛІККЕ АРНАЙЫ ШАҚЫРТҚАН КЛУБ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ ПРЕМЬЕР-ЛИГА САПЫНА ҚАЙТА ОРАЛУ ЕДІ. МІНЕ, СОЛ МАҚСАТ ЖҮЗЕГЕ АСТЫ ДЕУГЕ БОЛАДЫ.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

Жетісу
Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Сонымен жексенбі күні жасыл алаңдағы футбол ойыны өте тартысты өтті. Екі команда да аянып қалмады. Жерлестеріміз ойынның алғашқы минутынан бастап шабуылға кірісті. Оң қапталдан бірнеше мәрте ойып алаңына өткен жерлестеріміз «Қызылжар» қақпасын нысанаға алды. Өкінішке қарай, қақпашының осал тұсын таба алмады. Аслан Әділдің бірнеше пасын голға айналдыра алмаған Олег Хромцов жанкүйерлердің зығырданын қайнатты. Қонақтар да қарымта шабуыл ұйымдастырып отырды. Жалпы бірінші лиганың алғашқы турынан бастап жерлестеріміз жақсы өнер көрсетті. Жиырма бес ойын көрсеткен «Жетісу» командасы екі жеңіліс, екі тең ойын, қалған кездесулерінде жеңіс тойын тойлап, 59 ұпаймен көш бастап келді. Соңғы ойында солтүстіктің командасына есе жіберіп алса да, ұтылатын ештеңе жоқ еді. Чемпиондықты үш ойын бұрын алып қойған талдықорғандық футбол клубы соңғы ойында өз жанкүйерлеріне қуаныш сыйламақшы. Турнир кестесінде 43 ұпаймен «Қызылжар» командасы келеді. Жеңіске жеткен күннің өзінде біздің команданы ұпай санымен басып оза алмайтыны анық. Сонымен алаңдағы ойынға қайта оралайық. Бірінші таймның жартысына дейін алаң иелері толассыз шабуыл жасады. Сол қапталдан Сабыржан Ибраевтің де өткір пастары өтіп, айып алаңындағы шабуылшыға жеткенімен қақпаның осал тұсын таба алмады. Осылай қауіпті сәттің бірінде Аслан Әділден пас алған Олег Хромцов қақпаның алыс бұрышын нысанаға алды. Қақырата тепкен добы қонақтар қақпасының торын бүлк еткізді. Есеп 1-0. Жерлестеріміз алға шықты. Ойынның бірінші бөлігіне дейін есепті ұстап тұрды. Он бес минут демалыстан кейін қонақтар қарқынмен шықты. Ойын барысында тың ойыншыларын шығарып, мейлінше таразы басын теңестіруге тырысты. Бірақ ол ойлары іске аспады. Біздің жігіттер жанкүйерлердің толассыз қолдауынан қарқын алып, шабуылды үдете түсті. Алаңға гол соққан Олегтің орнына Еркебұлан Мұсаевты шығарды. Ойын одан ары қыза түсті. Шабуыл өтіне өткен Еркебұлан үш мәрте қақпаға доп соғып, өкінішке қарай, дарыта алмады. Бірінде тіпті жеке дара шыққан еді. Бірақ қырағы төреші ойыннан тыс қалғанын байқап, жалаушасын көтерді. Екінші таймның аяқталуына он минут қалғанда 23-ші нөмірлі Асхат Балтабеков есепті еселеп, жерлестеріне қуаныш сыйлады. Осыдан кейін-ақ, қонақтардың сағы сынып кетті десе де болады. Ойын тізгінін толықтай өз қолына алған алаң иелері қонақтардың есепті қысқартуына жол бермеді. Осылайша 2-0 есебімен жеңіске жеткен «Жетісу» командасы бірінші лига сапында чемпион атанып, премьер-лига сапына қайта оралды.

Жеңіске жеткен жерлестеріміздің ойынын тамашалаған облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** алаңға шығып, футболшыларымызды құттықтады. Өңір басшысы барша жетісулық жанкүйерді жеңісімен құттықтап, клуб басшылығына алғыс білдірді. Сонымен қатар, Амандық Ғаббасұлы өңірімізде футболды дамытуға бар күшімізді саламыз деді. Алдағы уақытта клуб бюджетін көбейтіп, орталық стадионды заман талабына сай етіп, қайта жаңғыртуды да қолға алатынын тілге тиек етті. Сөзінің соңында тағы да жеңісті күнмен құттықтап, келер жылы премьер-лига сапында да жүлделі орынға ілігуіне тілектестігін білдірді.

Мұнан кейін, ҚР футбол федерациясының президенті Сейілда Байшақов «Жетісу» командасын жеңісімен құттықтап, жоғары топқа оралуына сәттілік тіледі. Салтанатты шараның соңында облыс әкімі Амандық Баталов пен ҚР футбол федерациясының президенті Сейілда Байшақов бірқатар клуб қызметкерлеріне Құрмет грамотасы мен Алғыс хат табыс етті. Сондай-ақ, жеңіске жеткен «Жетісу» командасына алтын медаль мен жеңіс кубогын табыс етті. Осылайша оқ бойы озық шыққан талдықорғандық «Жетісу» командасы биылғы маусымды жеңіспен аяқтады. Келер жылы солтүстіктің «Қызылжар» командасымен бірге премьер-лига сапында өнер көрсетеді. Жеңісті күніміз көп болғай, премер-лигада кездескенше, «ЖЕТІСУ»!

СЕЛЕКТОР

БАРЛЫҚ САЛАДА ДАМУ БАЙҚАЛДЫ

ҮКІМЕТ ҮЙІНДЕ ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ БАҚЫТЖАН САҒЫНТАЕВТЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ОНДА АЛДЫМЕН АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМЫТУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ. ОСЫДАН КЕЙІН «НҰРЛЫ ЖОЛ» ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУДЫҢ 2015 – 2019 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖАЙЫ СӨЗ БОЛДЫ. СОНДАЙ-АҚ, «НҰРЛЫ ЖЕР» ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДА 9 АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ ТАРАПТАРДЫҢ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ. СЕЛЕКТОРЛЫҚ КЕҢЕСТЕ ОБЛЫС ӘКІМІ **Амандық БАТАЛОВ** ӨҢІРДІҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМЫТУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ТАБЫСТАРЫН СӨЗ ЕТТІ.

Жетісу
Қажет АНДАС

ҚР Ауылшаруашылық бірінші вице-министрі Қ. Айтуғановтың айтуынша, агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бағдарламасын іске асыру барысында 745 ауылшаруашылығы кооперативі құрылып, 12 мың жұмыс орны ашылыпты. Азық-түлік өнімдерінің өндірісі, мал шаруашылығы өнімдерін шығару көлемі, егісті әртараптандыру жұмысы, майлы және бұршақты дақылдар өндірісінің көлемі өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары.

Осыған байланысты бірнеше облыстың әкімі өз ұсыныстарын айтты. Осы тұста сөз алған облыс әкімі Амандық Баталов «Агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі меморандум шеңберінде жоспарланған 66 көрсеткіштің қазіргі таңда 19-ы орындалды. Қалғандары да орындалу үстінде», – деп атап өтті.

Ал Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтың айтуынша, биыл «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыруға 484,2 млрд. теңге бөлінген, бүгінге дейін оның 313,7 млрд. теңгесі немесе қаржыландырудың жылдық жоспарының 65% игерілген. Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шығындарын қаржыландыру жайын баяндады. Оның айтуынша, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша биыл 484,1 млрд. теңге қарастырылып, көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту, индустриялды инфрақұрылымды дамыту, ТКШ жаңғырту, сумен және жылумен жабдықтау, білім беру саласында инфрақұрылымды дамыту бағыттары бойынша жоспарға сай жұмыс атқарылған. ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек биыл мемлекеттік бағдарлама аясында жалпы ұзындығы 4,4 мың шақырым болатын 22 автожол жобасын іске асыру көзделгенін айтты. «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында білім беру саласындағы жобаларды іске асыру туралы ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев баяндады. Сондай-ақ, Үкімет отырысында «Самұрық–Қазына» ҰӘҚ төрағасы Өмірзақ Шөкеев те сөз сөйледі.

Отырысты қорытындылаған Премьер-Министр бүгінгі жеткен жетістіктердің көңіл қуантатынын атап өтті. Ал облыс әкімі Амандық Баталов селекторлық кездесуде көрсетілген көңіл көншітпейтін мекеме басшыларына сын-ескертпелер айтып, келесі отырысқа дейін орын алған кемшіліктерді түзету, табысты еселей түсу үшін жұмыла жұмыс істеу керектігін нақтылады.

САЛҒЫРТТЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ӘРБІР ІСТЕ СӨЗДЕН ГӨРІ НӘТИЖЕ МАҢЫЗДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ АЙМАҚТАРМЕН ӨТКЕН СЕЛЕКТОРЛЫҚ ЖИЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ **Жақсылық ОМАР** АЙТТЫ.

Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

Шарада алдымен аудандардағы маңызды әлеуметтік нысандардың қысқа дайындығы пысықталды. Облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісовтің айтуынша, облыстағы мыңнан астам білім мекемесінің тең жартысы сұйық отынмен жылытылады. Қыстан қысылмай шығуы үшін 19 млн. литрге жуық сұйық отын керек. Қазір отын қорының 41 пайызы дайын. Алайда ішінара аудандарда дайындық шарасы діттеген көрсеткішке жетпей отыр. Отынның дер кезінде дайындалмай жатуының өзіндік себептері бар. Мәселен, оны жеткізумен айналысатын кейбір компаниялармен келісімшарт бұзылған. Айталық, Үйғыр ауданында сапасыз отын жеткізілуіне байланысты жылыту маусымына дайындық науқаны ойдағыдай атқарылмауда. Осы ретте облыс әкімінің орынбасары жауапты тұлғаларға бұл мәселені тездетіп шешуге тапсырма берді.

Жиынның келесі күн тәртібіне "Рухани жаңғыру" бағдарламасының өңірлерде атқарылу барысы тыңдалды. Аталмыш бағдарлама басталғалы облыста 800-ге жуық іс-шара өткен. Бұл жайлы облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев айтып берді. Оның айтуынша, қызықты әрі мазмұнды жобалар көп. Мәселен, алда журналистер арасында байқау жарияланады. Үкіметтік емес ұйымдардың республикалық форумы өтеді деп жоспарланған.

Аталған бағдарламаның атқарылу барысында да кібіртіктеп қалған аудан, қалалар бар. Мәселен, "Туған жерге туынды тік" жобасын жүзеге асыру бойынша Талдықорған қаласы бастаған үш қаламен қатар тағы да сол Үйғыр ауданы төмен көрсеткіш көрсетіп келеді. Осыған байланысты, Жақсылық Мұқашұлы жауаптыларға ескерту жасап, мемлекет саясатын жүзеге асыруда әсте салғыртшылыққа жол бермеу керектігін қадап айтты.

"100 жаңа есім" жобасы да басты назарда. Басқосу аясында облыстық ҚХА төрағасының орынбасары Ғабит Тұрсынбай шара басталғалы өңірде 100-ден астам адамның тізімі ұсынылғанын, бүгінде республикалық жұмыс тобы соның 29-ын іріктеп алғанын жеткізді. Қазір олардың есімдері дауыс беруге арналған арнайы сайтқа енгізілген.

Атымтайлықты қазақ әр уақытта әспеттеген. Оның айқын көрінісі жерұйық мекенде "Жетісу жомарты" дейтін тағы бір жоба қолға алынып отыр. Осы арқылы өлкенің қолы ашық азаматтарының тізімі жасалмақ. Бұдан бөлек, келесі жылы Астананың 20 жылдығы тойланады. Жақсылық Омар дүбірлі тойға дайындықты қазірден бастауды, мамандарға іс-шаралар жоспарын нақты бекітуді тапсырды.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЕЛІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ ШЕҢБЕРІНДЕ ІЗГІЛЕНДІРУ САЯСАТЫН ЖҮРГІЗУДЕ.

ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕУ ТИІМДІ

Жетісу
Мақпал МЫСА

Қапшағай қаласына қарасты Заречный ауылындағы жаңадан ашылған ЛА 155/12 қатаң бақылаудағы түрме колониясында түзеу мекемелеріне кәсіпкерлерді тартып, сотталғандарды жұмыспен қамту мәселелері бойынша жиын өтті. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов бастаған құқық қорғау органдары мен түрме басшылары, басқарма басшылары, кәсіпкер азаматтар басқосу алдында түрме аумағын шолып шықты.

Жаза басып, жаңсақ қадам жасаған жандардың екінші рет жаңа өмір сүруіне мүмкіндік беру – түзеу мекемелерінің басты міндеті. Жаңадан салынған түрмеде барлық жағдай қарастырылған. Аталмыш колонияның құрылысына 6 млрд. теңгеден астам қаражат қарастырылып, еуропалық үлгіде бой көтерген. Облыс бойынша темір торда отырғандардың саны екі мыңнан асып-жығылады. Жұмысқа жарамдысы 1700 адам болса, бүгінде олардың 850-ден астамы жұмыспен қамтылған. Облыстық прокуратураның басқарма бастығы Жандос Ысқақов:

– Біздің аймақтағы алты түзету мекемесінде темір-бетон, темір өңдеу, ағаш бұйымдарын жасау, тігін, тәтті тағам әзірлеу сияқты бірнеше өндіріс цехтары жұмыс істеп тұр. Сотталушылар түрмедегі уақыттарын пайдалы істерге арнап, еңбекпен тапқан ақшаларын өз игіліктеріне жаратып отыр. Бұдан өзге де жұмыс көздері ашылса дейміз. Ол үшін шағын және орта бизнес өкілдеріне хат жолдап жатырмыз, – деді.

Жиында Лаззат Махатұлы сала жауаптыларының ұсыныстары мен жұмыс жоспарларын тыңдады. Жазықтыларды жұмыспен қамтуды назарда ұстап, кәсіпкерлерге түрлі жеңілдік қарастыруды тапсырды. Мұнан өзге денсаулық сақтау және білім беру салалары бойынша да әңгіме қозғалды.

Қапшағай қаласы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ ОБЛЫС БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҒИМАРАТЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТТІ. ОНДА «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ: МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ КҮШІН БІРІКТІРУ» АТТЫ ТАҚЫРЫПТА БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖҰЛЫНҚҰРТ

Оған облыстық мәслихат депутаттары, құқық қорғау, мемлекеттік органдар және үкіметтік емес, этно-мәдени ұйымдар, сондай-ақ, азаматтық қауымдастық институттарының өкілдері қатысты. Жиында Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының орындалу барысы және оны жүзеге асыру бойынша 2018–2020 жылдарға арналған жоспардың жобасы талқыланды.

Аталған тақырып аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Алик Шпекбаев, Мемлекеттік қызмет саласының өңірлік хабының атқару комитетінің төрағасы Әлихан Байменов, ЕҚЫҰ-ның Бағдарламалар кеңсесінің басшысы, Астанадағы елшісі Дьердь Сабо, БҰҰ-ның тұрақты үйлестірушісінің орынбасары Мунхтуя Алтангерел, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуына сыртқы талдау және бағалау жөнінде арнайы мониторингтік тобының басшысы Нұрлан Ерімбетов және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат департаментінің директоры Салауат Мүксімов хабарлама жасады.

Жиында бүгінде сыбайлас жемқорлықтың әлемнің кез келген елінде өзекті мәселеге айналып отырғаны, оның қоғамға тигізер зияны мен зардабы, оған қарсы күрес жүргізіп, алдын алу іс-шараларын қамтамасыз ету керектігі, жемқорларды заң бойынша жазалап, олардың жолын кесу қажеттігі жан-жақты сөз болды. Сондай-ақ, қоғамдық бақылау институтын енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, жеке және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, мүмкіндігін азайту мәселелері бойынша пікір алмасып, орамды ойлар ортаға салынды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

БАСПАСӨЗ – 2018

Қазақ баспасөзінің қасиетті қара шаңырағының бірі – облыстық «Жетісу» газетінің жарыққа шыға бастағанына алдағы жылдың маусым айында 100 жыл толады. Алаш арыстарының қолдауымен жарыққа шығып, ұлт көсемдерінің қолтаңбасы қалған ата басылымға жазылу науқаны басталды. Негізгі бағыты қоғамдық-саяси болғанымен тарихымыздан сыр шертіп, мәдениетіміз бен әдебиетімізді әспеттеп, дәстүрімізді дәріптеп, ұлттық дәстүрімізді ұлықтайтын басылыммен ғасыр тойдың төріне бірге шығайық. Жүз жасаған «Жетісуға» жазылуды ұмытпаңыз, ардақты оқырман!

«Жетісу» газетіне 2018 жылға жазылу жүріп жатыр



«Жетісудың» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Жалпы жазылу:

Жазылушылар	Индекс	12 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	9289,44	9908,64
Зейнеткерлер мен ҰОС ардагерлері үшін	35469	6040,80	6660,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	6310,08	6929,28
Жалпы жеке жазылу	65469	6583,68	7202,88

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз

Редакцияға келіп балама жазылу:

№		12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	7200
2.	Зейнеткерлер мен ҰОС ардагерлері үшін	4000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	4200
4.	Жалпы жеке жазылу	4600

Электронды форматтағы жазылу:

№		12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	6600
2.	Зейнеткерлер мен ҰОС ардагерлері үшін	3300
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	3500
4.	Жалпы жеке жазылу	3700

Жетісу
1918 — 2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ҚОНЫСТОЙ

ШАҢЫРАҚ шаттығы

Жақында Нүркент ауылында салынған әрқайсысы 60 пәтерлі бес қабатты екі үй пайдалануға берілді. Бұл үйлердің құрылысы 2015 жылдың қыркүйек айында басталып, үстіміздегі жылдың мамыр айында аяқталуға тиіс болатын.



Облыс әкімі Амандық Баталов жазда өңірге келген іссапарында бұл үйлерді көруге арнайы ат басын бұрып, әрлеу жұмыстарына бірқатар ескертулер жасаған еді. Содан кейін кемшіліктер түзеліп, жаңа Нүркент қалашығының орталығынан бой түзеген көпқабатты қос үй көрген көзді арбайтын сәнді ғимараттарға айналды.

Қоныстой қуанышына облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов арнайы келді. Салтанатты сәтте сөз сөйлеген Айдарбек Естебекұлы қоныстанушыларға ізгі тілегін жеткізе отырып, Амандық Ғаббасұлының атынан құттықтады. Тұрмысқа жайлы, көзге сәнді көрінетін осынау үйлерді тұрғызған Ринат Рысқұлов жетекшілік ететін «New Construcion» құрылыс ұйымының еңбеккерлеріне де алғыс айтып, алдағы жылы осы өңірде осындай 40 пәтерлі тағы бір жаңа үй салынатынын айтты. Сөйтіп, жаңа қоныс иелеріне пәтер кілтін тапсырды.

Салтанатты сәтте көптен күткен жаңа пәтерге ие болған зейнеткер ана Жанат Райымбекова тебірене сөз сөйледі. Ардақты ана халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту бағытында үлкен істерді жүзеге асырып жүрген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа, облыс әкімі Амандық Баталовқа және аудан әкімі Бердәулет Абдулдаевқа алғысын жаудырды. Жаркент жетім балалар үйінде тәрбиеленіп, кәмелет жасына толған 11 жас азаматқа да үй берілді. Солардың атынан сөз сөйлеген Анна Савельева жетімдер жайын назардан тыс қалдырмаған мемлекет басшыларына жүрекжарды алғысын білдірді.

Салтанатты жиын соңында Шәріпхан қажы қоныстой иелеріне ақ батасын арнап, құрметті қонақтар жаңа үйдің лентасын қиды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ.

Панфилов ауданы.

ТАҒЗЫМ

Бабаларға Құран бағыштады

Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі балалар Қаратал өңірінде жерленген ата-бабалардың кесенесіне барып, Құран бағыштады. «Киелі Қазақстан» тізіміне енген тарихи жерлерді аралау өздігінен тұрып-жүре алмайтын балалардың көңілін сергітіп, алдағы күндеріне күш-қуат сыйлады.

Жетісу
Гүлжан ТҰРСЫН

«Ескергенді ескеремін» деген екен әулие Ескелді би. Кесене шырақшысы Бақберген Жүнісбаев әулие жайлы келушілерге мол мағлұмат берді. Ел-жұрт Ескелді дүниеге келгенде Төле биден сүйінші сұрапты. Сонда Төле би: «Тілекті Алла ескерді, Жалайыр еліне ес келді, Баланың аты Ескелді болсын, Елінің есіне ес қосып, халқының қамын ойлайтын азамат болсын!» — деп батасын беріпті. Өз заманында Абылай Ескелдіні ес тұтып, маңызды кеңестерінен қалдырмаған екен. Ал Ескелді би Абылайды басына көтеріп, әрқашан оның ақ туының астынан табылған. Халық арасында: «Ұлағаттың басында Абылай хан болса, оның орынбасары – Ескелді», – деген пікір қалыптасқан.

Бір басында би, батыр, әулиелік қасиеті бар аса кемеңгер, тарихи тұлға ел мүддесі үшін өзінің күш-жігерін аямай, ел бірлігін сақтау мақсатында жауға қарсы тұрып, жоңғар-қалмақ басқыншыларымен шайқасқан. Шырақшы Бақберген Жүнісбаев шешендігімен аты шыққан бабамыздың соңында қалдырған тәлімді сөздерін келушілерге үлгі-өнеге ретінде айтты. Атаға арнап Құран бағыштады. Шара барысында Айту би кесенесіне баруға жол түсті. Айту би – Балпық әулиенің тәрбиесін көрген шәкірті. Ол небір қиын дауларды шешіп, ойшыл шешендігімен алғыр би дәрежесіне көтерілген. Заманында Ақын Сара «Қош бол, елім» деген өлеңінде Айту би жайлы:

Балпық пен Ескелдідей
кемеңгерге,
Айтудай сөзге жүйрік
тереңдерге.
Ақылы хан, төрені
бағындырған,
Қадірлі Қарынбайдай
кемеңгерге,

– деген. Бар-жоғы 44 жыл ғұмыр кешкен Айту Жауба-сарұлы өз заманының айтулы шешені, білгір де білікті тұлғасы атанған.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жобасы аясындағы тарихи орындарды аралаған керуен ат басын Балпық би әулиенің кесенесіне бұрды. Балпық би сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр болған. Ұлы қолбасшылар Әбілқайыр, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Дулат Өтеген, Албан Райымбектер қалмақтарды түре қуғанда, артта, Қапталда қалған жау тобын жайратуды Ескелді, Балпық, Орақ батырлардың жасағына тапсырған екен. Кесене «Киелі Қазақстан» тізіміне енген. Бұдан кейін аралаушылар Жолбарыс батыр, Қарымбай әулиелердің кесенесіне барып, Құран бағыштады.

Балалар әулие-әмбиелер жерленген кесенелерді аралау барысында рухтанып, бір серпілді. Қаланың қым-қуыт тірлігінен сыртқа шығып, еркін тыныстады. Өздеріне киелі орындарды аралауға мүмкіндік жасаған ел ағаларына алғыстарын білдірді.

Қаратал ауданы.

КҮЗ БЕРЕКЕСІ

КҮРІШ ОРАҒЫ АЯҚТАЛДЫ



Күріш орағын қарқынмен жүргізген аудан дикандары жауапты науқанды биыл да табысты қорытындылады. Ортақ істің жемісті болуына әр дикан лайықты үлес қосты.

Егін алқабы мен қырман арасында дән тасығын механизаторлардың еңбек бәсекесі де қыза түскені белгілі. Бір қуанарлығы, жауын мен қарға ұрындырмай алқаптағы астық түгелдей жинап алынды. Биыл аудан дикандары 8841 гектар күріштің әр гектарынан 43,2 центнерден өнім алып, қырманға 38193 тонна ақ маржан құйылды. Былтырғыға қарағанда, бұл көрсеткіш жоғары. Жаз бойғы еңбек ақталды, қырман астыққа толды. Бірінен кейін бірі алмасып келетін маусымдық науқан жұмыстары жыл сайын жалғасады. Сондықтан, биылғыдан келесі жылдың межесі биік-тейтініне сенеміз.

Алмагүл ОСПАНОВА.
Балқаш ауданы.

ГАЗДАНДЫРУ

КӨМІРДЕН КӨГІЛДІР ОТЫНҒА АУЫСТЫ

Биыл Талдықорған өңірінің тұрғындары үшін ерекше жыл. 2012 жылы басталған, ұзындығы 265 шақырымдық «Алматы – Талдықорған» магистральді газ құбырының құрылысы аяқталып, елді мекендер көгілдір отынға қосылу мүмкіндігіне ие болды. Бүгінде 2 миллионнан астам тұрғыны бар облысымыздың 22 пайыздан астамы ғана табиғи газға қосылған. Жаңа жобаның нәтижесінде 228 елді мекенде тұратын 900 мың адам көгілдір отын игілігін пайдаланбақ.

Жоспар бойынша Талдықорған қаласында 10 399 абонентті газбен жабдықтау жоспарда бар. Оның ішінде көпқабатты тұрғын үйлерде 4718, жер үйлерде 5681 абонент. Жалпы саны 42 мыңға жуық адам. Ал әзірге Талдықорған қаласында алғашқылардың бірі болып Ізбасаров көшесінің тұрғыны Елена Сұлтанова үйіне газ кіргізіп алды.



– *Әке-шешем, менің отбасым жер үйде тұрып келеміз. Жетісу – жер жаннаты ғой. Жазы жайлы, қысы аса суық та емес. Ас әзірлеу үшін газ баллонын пайдаландық. Жазда оны сыртқа шығарамыз. Қыста амалсыздан үйге кіргізуге мәжбүр болдық. Ал баллонды үйде пайдалану қауіпті екені белгілі. Үйді жылыту үшін көмір, ағаш әзірледік. Көмірдің жақсысы түссе қуанамыз. Бықсып, жанбай қойса, ол бір бейнет. Ыстан көз жұмғандар қаншама? Сосын күл шығару керек. Осының кесірінен жылына кем дегенде екі рет бөлмелерді әктейміз. Енді оның бәрінен құтылдық,* – дейді Елена Сұлтанова.

Газдандыру жұмыстарын жүргізу үшін бірқатар талапты орындау қажет. Мекеме басшысының атына жазылған техникалық шарт беру туралы өтінішпен қоса үй иесі жеке куәлігінің, газдандырылатын ғимарат құжатының көшірмесін (салыстыру үшін түпнұсқаларын да көрсету шарт), орнатылатын газ жабдықтарының техникалық сипаттамасын беруі керек. Техникалық шарт заңға сәйкес өтініш түскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде берілуі тиіс.

– *«ҚазТрансГаз Аймақтың» талап еткен құжаттарын толық әзірлеп, кеңсесіне апарып бердім. Қабылдап алып, тіркелгені туралы түбіртек жазып берді. Осы күні келесіз де құжаттарыңызды аласыз деді. Көрсетілген күні құжаттарымды алдым да, мамандарымен қай күні кездесетінімізді келістік. Олар да келісілген күні келді. Жұмыстарын жылдам әрі сапалы жасап кетті. Қазір үйімізде газ бар. Бұдан артық қандай қуаныш болсын. Газ қызметкерлеріне рахмет,* – дейді Елена.

Газдандыру жұмыстарын жүргізуге мамандандырылған, арнайы сертификаттаудан өткен компанияға рұқсат беріледі. Демек, бұл салада бәсекелестік бар. Ал бәсекелестік болған жерде сапа да жақсара түсуі керек. Алайда түрлі әдіс-амалдармен осындай құжат алып, жұмыс істеп жүргендер қаншама? Ондай фирмалардың көп жағдайда тиісті мамандары болмайды, алдын ала құжат әзірлемейді, жұмыстарын сапасыз жүргізеді, газдандырудан кейін құжаттарын үй иесіне уақытылы бермейді. Ал үй иелері газ үшін ақшасын алдын ала төлеп қойған. Осыдан кейін не ақша жоқ, не үйде жанып тұрған газ жоқ, тұрғындар біраз әуре-сарсаңға түседі. Мұндайды болдырмау үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ға хабарласу керек. Өз ісінің мамандары жұмыстың сапалы әрі жылдам жүргізілетініне кепілдік береді. Тіпті жұмыс аяқталғаннан кейін оның ақысын 3 айға бөліп төлеуге де мүмкіндік бар.

– *Ауа райы салқындап келеді. Газ қосуға өтініш жазып жатқандар өте көп. Барлық құжаты әзір болса, күніне 3-4 үйдің жұмысын бітіруге тырысамыз. Кейде одан да көп болады,* – дейді «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ өндірістік-техникалық бөлім басшысы Елнар Каримов.

Газды тұрмыста пайдалану қауіпсіз саналады. Бірақ ол үшін бірқатар қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керек. Біріншіден, қосулы тұрған пешті қараусыз қалдыруға болмайды. Пайдаланып болғаннан кейін түгелдей өшіріп қою керек. Екіншіден, балаларды газ жабдықтарына жақындатуға болмайды. Тағы бір аса маңызды талап – газ жабдықтарын өзіңіз жөндемеңіз, ақауы бар жабдықтарды пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады. Газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсететін мекемемен шарт жасау міндет. Газ жабдығы тұрған бөлмені желдетуді ұмытпаңыз. Мұржаның тартуын үнемі тексеріп отырыңыз. Осыларды бұлжытпай орындасаңыз, өзіңіздің де, жақындарыңыздың да өмірін сақтап қаласыз.

Талдықорған қаласында газ жүргізу жұмыстарымен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы айналысады. Үйіңізге жылу кіргізіп, жайлылық орнатқыңыз келсе, Талдықорған қаласы, Төлебаев көшесі, 39/41, «АТФ Банк» ғимараты, 3-қабат, 306-кабинетке баруыңызға немесе 8(7282) 60-10-46 телефонына хабарласуыңызға болады.

ӘДЕП КЕҢЕСІ

Тәртіп істері талқыға түсті

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысы өтіп, мемлекеттік қызметке немқұрайды қараған мамандардың тәртіптік істері қаралды. Үш мәселе қаралған отырысты Әдеп кеңесінің төрағасы Серікбай Нұрғисаев ашып, жүргізіп отырды.

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары Мақсат Бекетаевқа, «Еңбекшіқазақ ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Азил Жұмағалиевқа қатысты тәртіптік істерді қарау туралы Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының бас маманы Марлен Бекқұлов баяндап, кінәлілерге қатысты істің сотта қаралуына байланысты тәртіптік істі тоқтатуды ұсынды. Әдеп кеңесінің мүшелері мұндай салмақты уәжге бірауыздан келісім берді.

Одан кейін қаралған тәртіптік исте «Ұйғыр аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы Музафар Тохметовтің мемлекеттік-жекешелік әріптестік бағытымен ашылуы тиіс балабақшаға бөлінген субсидияны заңсыз бергендігі айтылды. Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының бас маманы Азиз Насимбаев тәртіптік іс турасында жасаған баяндамасына орай жауапты Музафар Тохметов сұраққа алынды. Нақты әрі кесімді жауабы болмауына байланысты Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы Ерғали Сыдымановқа ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 50 бабының 1 тармағы, 4 тармақшасын бұзғаны үшін «Ұйғыр аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы М.Тохметовке қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту беру турасында ұсыныс жасады. Сондай-ақ, айыпты маманға ҚР «Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі» мен ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңын оқу бойынша семинар жүргізу керектігі ескертілді. Қабылданған шаралардың есебі туралы ақпаратты мерзімінде беру қоса міндеттелді.

Кеңес отырысында қаралған үшінші мәселе бойынша «ҚР Ауылшаруашылық министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы» РММ-нің басшысы Ажар Каджибекова баяндама жасап, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтарды анықтау бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысымен таныстырды. Баяндамашы келтірген мәліметтерге байланысты сұрақтар туындап, көпшілікті алаңдатқан мәселелер талқыланды. Әдеп кеңесінің мүшесі, облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт Қорғас кеден бекетінен өтетін азық-түлік пен тауарларды зертханалық тексеруден өткізудің кемшін соғып жатқанын жеткізіп, бұл еліміздің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін іс екенін еске салды. Соған байланысты облыстық инспекция басшысына кеден бекетіндегі зертхананы инспекция қарауына алып, тексеру жұмыстарын жандандыру керектігі тапсырылды.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында Чапай ауылында «Латын әліпбиіне көшу - әлемдік үдеріске жақындау» атты семинар өтті. Оған Чапай ауылдық округінің әкімі Бауыржан Жұмабаев, Ауған соғысы ардагері Алдажар Сейітұлы, Алматы облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Іле аудандық филиалының директоры Бақытгүл Қаршалова, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының мүшелері мен «Фараби Нұр» үкіметтік емес ұйым мүшелері қатысты.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Жетісу
Мақпал МЫСА

Кездесу барысында ұйымдастырушылар латын әліпбиіне көшу туралы сөз қозғап, оның болашақ үшін аса қажетті бастама екендігін айтты. Латын әліпбиіне кезең-кезеңімен көшуде білім саласына артылар жауапкершілік, орасан зор. Осы тұрғыда Бақытгүл Қаршалова «Қазаққа ұлттық жазу таңбасы керек» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар, аудандық кітапхана директоры Мейрамгүл Жәбиева «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңа белесі» тақырыбында кеңінен әңгімелесе, Қапшағай қаласының бас имамы, Ауған соғысы ардагері Алдажар Сейітұлы өз баяндамасында латын әліпбиіне көшу жазуды, тілді, елді жаңғырту екендігіне баса назар аударды. Ол әсіресе тіл таңбасы өзгергенде үндестік заңына кері әсерін тигізбейтінін түсіндіріп берді.

Актив отырысын қорытындылаған ішкі саясат бөлімінің басшысы Сұлтан Жарқынбеков латын әліпбиіне көшудің негізгі мәселелерін қоғам өкілдерімен бірге талдай отырып, айтылған ұсыныс-пікірлерді ортақ оймен қорытындылап, оны халыққа түсінікті тілмен, орнықты оймен жеткізуіміз қажет екендігін айтты.

Бүгінгі күні ауданда осы бағыттағы жұмыстарды халық арасында түсіндіру үшін білікті мамандар ауылдарда, ұжымдарда кездесулер өткізіп жатқанын хабарлады. Сонымен бірге, барлық мекеме, бөлім басшыларын, кент және ауылдық округ әкімдерін осы жұмыстарды үйлестіруге шақырды.

Келелі басқосу Іле аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен өз жалғасын тапты. Кітапханашылар Мұқағали Мақатаев атындағы № 13 орта мектептің 9-сынып оқушыларының қатысуымен танымдық сабақ өткізді. Шара барысында латын әліпбиіне көшу мәселесі талқыланды. Көпшілік жаңа қаріппен танысып, өз ойларын ортаға салды.

Іле ауданы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ



Қазіргі мизамшуақ халыққа қысқы кезеңге қамдануға мүмкіндік беріп тұр. Алайда барша жұртты алаңдатып отырған басты мәселе – «қатты отынның» қымбаттауы. Халық көмірдің тапшылығына әрі бағасына алаңдаулы.

ҚЫС ЕСІКТЕН СЫҒАЛАДЫ

Осы мәселенің шешімін табу мақсатында аудандық мәслихат хатшысы Қадыр Абдрахманов өткен аптада аудандық мәслихат депутаттарының, аудандық кірістер басқармасы өкілінің аудандық жергілікті полиция бастығы Асқар Ақашевтің қатысуымен көмір тасымалдаумен айналысатын кәсіпкерлермен кездесті. Кездесу барысында мәселенің түйіні тасымалға келіп тірелетініне көз жетті. Көмір теміржол стансылары бар жерлерге қолжетімді бағада жеткізіледі. Дегенмен дизельді жанармай қымбат-тағалы шалғай аудандарға тасымалдаудың құны көмір бағасын екі-үш есеге арттырып, тоннасын 22-23 мыңға дейін өсіріп отыр. Халыққа ауыр соғып отырған бұл жасанды қымбатшылыққа кездесуге келген Виктор Абакумов, Шарбану Көшкінбаева, Алексей Зайцев, Анвар Мингазов, Вячеслав Сныткин, Николай Десятников, Алексей Петренко сынды кәсіпкерлер түсініктікпен қарап, Талдықорғандағы отын қоймасы бағаны шарықтатып жіберместе көмірдің 1 тоннасын 19 000 теңгеден арттырмауға сөз берді.

Қыс есіктен сығалады. Қарапайым халықтың қалтасын қағып жатқан азық-түлік пен көмір бағасын ауыздықтаудың маңызы зор.

Жомарт ИГІМАН.
Сарқан ауданы.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Облыс бойынша құрылған «Рухани керуен» жобасының мүшелері Еңбекшіқазақ ауданына келді. Қалыптасқан дәстүр бойынша құрметті қонақтар майдангерлер ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Содан кейін аудан әкімдігінің мәжіліс залында жұртшылықпен кездесіп, зиялы қауым өкілдерімен тілдесті. Рухани жаңғыру тақырыбы бойынша әңгімелер қозғап, пікір алмасты.

ӨСУ, ӨРЛЕУ ЖОЛЫ

Жетісу
Болат МӘЖИТ

Жиналысты ашып, жүргізіп отырған аудан әкімінің орынбасары Айбек Бидаев «Рухани керуеннің» ауданға ат басын бұрғанына ризашылығын білдірді.

– Қыркүйек айынан басталған бұл шара көпшіліктің көңілінен шығып келеді. Жұртшылық осы арқылы көкейде жүрген көп сұрақтарға жауап тапты. Айтылғанның бәрі жүрекке қонады, құлаққа сіңеді. Сондықтан, «Рухани керуенді» біз де қуана қарсы алып отырмыз, – деді Айбек Дүйсембекұлы.

Облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов «Рухани керуеннің» алға қойған мақсаттарына тоқталды. Әсіресе, жаңа буын жастарды ата жолына сай азамат етіп өсіру міндеті үлкен жауапкершілік жүктейтінін айтты. Себебі, кемел болашақтың тағдыры жас ұрпақтың қолында. Ұлтымыздың рухани қазынасы өте бай. Ол – имандылықтың да қайнар көзі. Соның асылын екшеп, қасиетін танып пайдалансақ қоғамның ұтатыны көп болмақ.

Қазақтың намысты ұл-қыздарын өсіріп, тәрбиелеу – уақыт талабы. Елін сүйген перзент бәрін сүйеді. Айналасына мейірім шуағын шашқан ұлт келешегі кемел. Соның арқасында қазақстандық патриотизм жеріміздегі тілі басқа, тілегі бір барша жұрттың ортақ мүддесіне қызмет етеді. Татулық пен бірлік, жарасымды тірлік адамдарды шаттыққа бөлейді.

– Еңбекшіқазақ – ең үлкен ауданның бірі. Мәселен, Ақтөбе облысында 64 мешіт бар. Сіздердің аудандағы мешіттердің саны да тура сондай мөлшерде. Есесіне, сіздер исламның ішкі мәдениетін, кемел қасиеттерін дұрыс тануға ұмтылып отырсыздар, – деді Рахмет Разбекұлы.

Бұдан кейін «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскәр Сарыбаев Рухани жаңғырудың – рухани өсу екенін талдап көрсетті.

– Елбасы мақаласын тереңіне бойлап оқу керек. «Рухани керуен» мақаланы бұқарға насихаттауды мақсат етеді. Бұл жұмыстар бір жылды ғана қамтитын науқандық шара емес, ұзақ мерзімге арналған стратегиялық, идеологиялық жоспар, – деді Ғалиаскәр Төлендіұлы.

«Рухани керуеннің» ауданға келген тобы Есік қаласындағы орта мектептерде, колледждерде және мәдени орындарда болды. Үлкендермен сұхбаттасты. Жастармен сырласты. Олардың сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар, рухани саласға қажетті көрнекі құралдар мен кітаптар көрмесі де көпшілік көңілінен шықты. Рухани жүздесу адамдарды жаңаша танымға бастап, өсу мен өрлеуге кеңінен жол ашты.


Еңбекшіқазақ ауданы.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу 1918–2017

№125 (18401), 11 қараша, 2017 жыл

ТҰЛҒА



Есімі ел аузында құрметпен аталады. Себебі, халқына адал қызмет етті. Басқарған шаруашылығын бір-екі жылда-ақ гүлдендіріп жіберетін. Елге жұмыс та істете білетін, әлеуметтік жағдайын да жасайтын. Ол ауылшаруашылығына еңбек сіңірген қайраткер – Нұрмолда Алдабергенов. Ұжымшар, кеңшарларды дамытуға, өнімді арттыруға бар күш-жігерін арнаған азаматтың ел алдында абыройы артып, Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алды.

Нұрмолда ата есімі ұмытылмайды

Жетісу

Гүлжан ТҰРСЫН

Ол кісінің өмір жолы жайлы дерекке көз салсақ, Түркістан-Сібір теміржолын салуға қатысқан екен. Екі рет Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені, Халық шаруашылық жетістіктері көрмесінің Үлкен Алтын медалімен марапатталған. Оған ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы «Социалистік мал шаруашылығының еңбек сіңірген Құрметті шебері», «Социалистік егіншіліктің еңбек сіңірген Құрметті шебері» атақтарын берген. Нұрмолда Алдабергенов Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты және КПСС XX съезінің делегаты. Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Санымен қатар, «Сталин атындағы колхоздың жетістіктері» атты еңбектің авторы.

Нұрмолда Алдабергенов 1965 жылы 8 ақпанда партия мен кеңес ұйымдарының ұйғарымымен және колхозшылардың қолдауымен Мұқыры ұжымшарына басшы болып сайланады. Шаруашылығы мен мәдениеті дамымай, артта қалған шаруашылық аз уақытта республикадағы алдыңғы қатарлы ұжымшар қатарына ілігеді. Екі жыл ішінде ұжымшарда автопарк құрылып, онда 44 жүк машинасы, 83 трактор әкелінеді. Машина-трактор жөндеу шеберханасы, ағаш бұйымдарын өндейтін шеберханалар ашылып, іске қосылды.

Ауыл балалары «Кірпіш зауыты» деп аталатын ауылдың батыс жағындағы бұрынғы байлардың тұрғын үйлері болған ескі ғимараттарда оқыды. Алпысыншы жылдардың орта шенінде ауыл орталығында 860 оқушыға арналған үш қабатты мектеп салынып, оқу кабинеттері талапқа сай жабдықталды. Сол кезде салынған 540 орынды Мәдениет сарайы, спортзал әлі күнге дейін ауыл жастарына қызмет етіп келеді. Толық механикаландырылған, бетондалған астық қырманы мен қоймасы салынды. Тауарлы-сүт фермасы ашылып, онда 500 бас сауын сиыр ұсталды. Сонымен қатар, монша, шаштараз, фотосурет, тігін шеберханасы, диірмен іске қосылып, ауыл халқы жұмыспен қамтылды.

Сол жылдары ауылда ауызсу мәселесі шешілмей келе жатқан еді. Іле – Балқаш жерасты су бассейні арқылы 84 метр тереңдіктен тұщы су шығарылды. Біреуі – ауылда, екіншісі – Қазақстан, үшіншісі – Бөлекши ауылдық бөлімшесінде. Ұзындығы 13 шақырымдық су құбыры арқылы 47 суағар іске қосылды. Су құбырлары сапалы салынғандықтан осы күнге дейін елге қызмет етуде. Мал қыстайтын қыстауларда шопандарға арналып тұрғын үйлер, монша, клуб салынды.

Электрленген қырқым пункті малшылардың жұмысын жеңілдетті. Ауылға 5 гектар алма бағы отырғызылып, түрлі алма сорттары өсірілді. Сол алма бағы отыз жылдай уақыт Талдықорған өңірі тұрғындарын шамасына қарай жеміспен қамтамасыз етті.

Республика басшысы Дінмұхамед Қонаевтың қабылдауында болған Нұрмолда Алдабергенов егістікке жарамды жерлердің көбі саз екендігін айтады. Мемлекеттік бюджеттен қаржы бөліп, жерді құрғату мәселесін көтереді. Көп ұзамай Мұқыры ауылының солтүстік батыс жағында 3-дренаж қазылады. Жалпы ұзындығы 16 шақырымдық 370 гектар жер құрғатылып, кант қызылшасын егетін егістік ретінде пайдаланылады. Бесқайнар мен Амангелді ауылдарында да дренаждар қазылып, шамамен 800 гектар жер құрғатылып, егістікке пайдалануға беріледі. Нұрмолда басшы қасындағы Қаратал ауданының да жер мәселесін шешуге бар күшін салады. Ауданда сол кезге дейін жер мал жайылымы ретінде пайдаланылып келген. 1965 жылдары осы жерлерге Қаратал өзенінен каналдар мен тоған қазылып, жер егістікке беріледі. Н. Алдабергенов кезінде бұл жөнінде: «Мен бұл жақты бұрын аралап көрмеген едім. Совхоз, колхоз басшылары ауданға қарайды ғой деп, аудан басшылары облыс немесе республика басшыларының алдында осы мәселені неге көтермегеніне таңмын» – деген екен. Шаруашылық жұмысшыларының бос уақытын мәнді өткізу үшін ауылда халық театры ұйымдастырылды. Театр режиссері қызметін Қазақ КСР халық әртісі Ж. Әбілтаев атқарды. Сондай-ақ, ақын-жазушыларға да ерекше қамқорлық танытқан. Қалқа Жапсарбаевты ақын ретінде елге танытып, «Халық ақыны» атағын алып беруге және Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылдатуға күш салған.

Нұрмолда Алдабергеновтың еңбегін паш ететін деректі шығармалар мен көркем шығармалар, фильмдер бар. Болашақта тағы да көркем шығармалар жазыла жатар. Бұл шығармалардың ұрпақ тәрбиесі үшін алатын орны зор. Нұрмолда Алдабергенов туралы жазылған шығармалар атпал азаматқа орнатқан ескерткіш десе болады. Соның ішінде Сәбит Мұқановтың «Алдабергенов туралы аңыз» поэмасы, Сәуірбек Бақбергеновтың «Адам және көлеңке» романы, Мұхамеджан Мырзақұловтың «Өмір дастан» деректі повесі, Бек Тоғысбаевтың «Честь» повесі, Ұзақбай Доспанбетовтің «Шың мен Шыңырау» романы, Құттыбек Баяндиннің «Нар тұлға» деректі романы көпшіліктің жүрегінен орын алған.

Нұрмолда Алдабергенов Венгрия, Чехословакия, Египет елдеріне, Үндістан мемлекетіне үкімет басшыларымен бірге барып жүрген. Алқалы басқосуларда бейбітшілікті, халықтар достығын қуаттап, қазақ халқының атынан сөз сөйлеген. Социалистік қоғамда қазақтардың отырықшы елге айналғанын, өзі басқарған колхоздың жетістіктерін атап көрсетіп, шетелдерге қазақ елін таныстырған. Н. Алдабергенов басқарған колхозға Үндістан, Уганда, Непал, Монғолия, Қытай Халық Республикасынан делегациялар келіп, ұжымшардың жетістіктерімен танысып отырған.

Ол бірде КСРО-ның Қорғаныс министрі Р. Малиновскиймен бірге Үкімет делегациясының құрамында Каирға барғанында Біріккен Араб Республикасының президенті Гамаль Насрмен мұсылманша «Ассалаумағалейкум» деп амандасады. Г. Наср сәлемді жылы қабылдап, екеуі төс қағыстырады. Осыдан кейін Гамаль Абдельге кім екендігін сұрапты. Нұрмолда Алдабергенов: «Ұлтым – қазақ, мұсылманмын, КСРО азаматымын, коммунистпін» – деп жауап берген. Г. Наср делегация ішінен Н. Алдабергенов пен Р. Малиновскийді түскі асқа шақырып, Н. Алдабергеновтен ұжымшардың тыныс-тіршілігі жайлы сұрайды. Нұрмолда Алдабергенов: «Колхозда 18 ұлт өкілі тұрады. Барлығы тату-тәтті өмір сүруде. Қазақ, тәжік, татар, өзбек, ұйғыр, дүнген – мұсылман, орыс, украин, белорус – православие, қытай мен корейлер – будда дінін ұстанады. Мұсылмандар Құрбан айтта құрбандық шалады, оразада отыз күн ораза тұтып, Айт мейрамын атап өтеді. Жұма күндері жұма намазды мешітте, қалған күндері әркім өз үйінде оқиды. Жаз күндері жаңбыр жаумағанда, өзен бойына барып, құрбан шалып, тасаттық береді. Ұл баланы ерте жаста сүндетке отырғызады» деген екен. Сонда Г. Наср таңданысын жасырмай «Мен КСРО-да мұсылман дініндегі адамдарды құдалайды. Дінсіздер қатарына өтуге мәжбүрлейді деп естіген едім» дейді. Н. Алдабергенов жастардың пионер, комсомол, кейіннен партия ұйымына өз еріктерімен арыз жазып кіретінін, ал мұсылман дінін ұстанушыларға үкімет тарапынан ешқандай құдалаудың болмайтынын айтады. Мәскеуге қайтып келген соң Р. Малиновский Үкімет басшыларының алдында есеп беріп, «Талдықорғандық колхоз председателі Н. Алдабергеновке үлкен рахмет. Египет мемлекеті басшысының бетін бізге бұруға көп көмегі тиді. Бұдан былай дін мәселесіне ерекше мән беру керек» – деп тұжырым жасаған екен.

Нұрмолда Алдабергенов 5 ай аты жаман сырқатпен ауырып, 1967 жылдың 17 қарашасында қайтыс болды. «Ер өлсе де, еңбегі өлмейді» деген сөз бар халықта. Ауыл азаматтары әлі күнге дейін Нұрмолда Алдабергеновтің халық болашағы үшін атқарған еңбегіне құрмет көрсетіп, пір тұтады. Себебі, оның жүріп өткен жолы ұрпаққа елжандылық сезім мен еңбексүйгіштік, қайырымдылық пен сыйласымдылық, парасаттылық сияқты адами қасиеттерді сіңіруде.

Ердің есімі – елдің есінде. Бүгінде Нұрмолда Алдабергенов есімі Ескелді ауданының Шұбар ауылына, Ескелді ауданындағы мектепке және Көксу ауданының орталығындағы бір оқу орнына берілген. Сондай-ақ, Нұрмолда Алдабергеновтің атында Мұқыры мен Талдықорғанда көше бар. Халқына адал қызмет еткен адамның еңбегі ұмытылмақ емес. Нұрмолда ата тау секілді уақыт өтіп, ұзаған сайын еңселене бермек.

Қазақстан 2050

ТАЛҒАР ЖЕРІ – ЕҢБЕКТІҢ КӨЗІН ТАПҚАНҒА ЫРЫСТЫҢ БҰЛАҒЫ. ОСЫ ӨҢІРДІҢ АУҚАТТЫ АЗАМАТТАРЫ «ТУҒАН ЖЕР» АРНАЙЫ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «АТАМЕКЕН» КІШІ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕУЕТІН ЖАҚСАРТУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫНЫҢ БОЙ КӨТЕРУІНЕ, КӨШЕЛЕРІНІҢ КӨРІКТЕНУІНЕ, ЖАРЫҚТАНУЫНА БІЛЕК СЫБАНА КІРІСІП ЖҮР.

АУЫЛ КӘСІБІМЕН көрікті

Жетісу

Ұлбосын ИСАБЕК

Осы ретте аграрлық саланың жандануына Қайнар мен Нұра селолық округ тұрғындары айрықша атсалысып келеді. Қайнар ауылдық округі ірілі-ұсақты 11 елді мекеннен тұрады. Олардың әрбірі өмір көшінен қалмай, тіршіліктерін түрлендіре түсуде. Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласы ұлттың рухты ұл-қыздарын жігерлендіріп, туған жерге туын тігіп, қоғам дамуына азаматқа лайық атсалысуға қанаттандырғаны ақиқат. Бүгінде ауыл азаматтарының ізденіске толы іскерліктері жарқырай көрініс табуда. Әсіресе, ауыл



Шаруасын шалқытқан Ержан ЖҮНІСБАЕВ.



Фельдшер Күләш РЫСМАНБЕТОВА.

әкімі Жандос Ясинұлының мұрындық болуымен туған жердің жыртығына жамау болып, мемлекеттік бағдарламалардан тыс туып-өскен ауылдың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына ерікті түрде қол ұшын беріп, қамқорлық танытудағы атпал азаматтардың ауызбірлігін айрықша атау орынды. Округ орталығы Еркін ауылында «Ай-Абылай» мешітінің пайдалануға берілгеніне он жыл толған. Алматыға жақын ауыл іргесі жылдан-жылға қанат жайып, жаңа қоныс тұрғындары көбеюде. Халықтың сұранысына орай 100 орынды мешіт жанынан 200 кісіге лайықталған хатымхана құрылысы бой көтеруде. Мешіт имамы Әлмұханбет Ынтықбаевтың айтуынша, құрылыс жұмысын ауыл тұрғындары жұмыла атқаруда. Хатымхана жыл соңына дейін пайдалануға берілмек.

Жүректі жылытар мұндай қайырымдылық Нұра ауылдық округіне қарасты Туғанбай ауылындағы мешітте де көрініс тапқан. «Атамекен» кіші бағдарламасын негізге алған атымтай жомарт жандардың қаржыландыруымен Туғанбай ауылындағы мешіттің жанынан жаңама құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, «Қызай Ана» қайырымдылық қоры Өстемір ауылынан құны 20 миллион теңгені құрайтын демалыс орнын жасауға кірісіп кеткен. Ал Нұра ауылының орталығында бастау алған спорттық алаң құрылысы алдағы жылы толыққанды аяқталып, ел игілігіне берілмек.

– Расы керек, ауыл арасындағы көптеген әлеуметтік шара қалталы азаматтардың көмегімен шешіліп жатады. Қарттарға, тұрмыс-жағдайы төмен отбасыға қолдау көрсетуден еш тартынбайтын ауылдастардың қайырымдылығы көпке үлгі. Жаңа қоныстағы көшелерге тас төгіп, су құбырын тарту, жарықпен қамтамасыз ету жұмыстарын жұмыла атқарған кездері аз емес. Мысалы, Қаратоғанға сол маңдағы «Амиран» ЖШС жыл сайын орасан зор көмек жасап отырғандығын айрықша атау орынды, – дейді Нұра ауылдық округінің әкімі Азамат Сеитов.

Осы тұста айтар болсақ, Нұра ауылына қоныстанушылар қатары артқан. Мың түтіндік «Нұра-2» ықшамауданының инфрақұрылымына «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2,5 млрд. теңге қаржы бөлініп, осы күні электр жарығы мен көшелерге тас төсеу жұмыстарын жауапкершілігіне алған мердігер компания «Асатай» ЖШС құрылыс жұмыстарын аяқтауға таяған. Оған 70 техника, 180 адам жұмылдырылған.

Ерінбей еңбек еткеннің ризық несібесі мол болмақ. Жалғамыс ауылының іргесінен ірі қараға арнап



Жас спортшылар дайындықта.

қора салып, асыл тұқымды сиыр бағуды қолға алған Ержан Жүнісбаев жетекшілік ететін «Шах-Агро» шаруа қожалығының құрылғанына үшінші жыл. Осы ауылда туып-өскен Ержан Әбдіуәлиұлы бұған дейін су құбыры жұмыстарында еселі еңбек етсе, ендігі жерде шаруашылықпен айналысуды құп көрген. Ерінің ұсынысын екі баланың анасы Қарлығаш Қадыркұлова да қуана қабылдаған. Нәтижесінде ойға алған іс сәтті басталып, отбасылық еңбектің жолы ашылды.

– Мал мен жанды егіз санайтын халықтың ұрпағымыз ғой. Бала күннен азын-аулақ малға қарауға, қора-қопсыны тазартуға бейімделіп өстік. Мал бағудың мүмкіндігі мол. Сол себепті, өз алдымызға шаруа қожалығын құрып, дербес еңбек етуге кірісіп кеттік. Осы уақыт аралығында мемлекеттік «Жол картасы – 2020» бағдарламасы негізінде 6,5 млн. теңге несие алып, сүт өндіру бағытында 12 бас асыл тұқымды ірі қараны сатып алдым. Оны қыстатып, туған төлін күтіп-баптайтын қоражай салдым, – деген шаруа қожалығының жетекшісі Ержан Әбдіуәлиұлы келешекте атшаптырым жерге жеміс-жидек көшеттерін отырғызып, бау-бақша өсірумен айналысуды діттеп отырған ойымен бөлісті.

Қарлығаш – қаз-үйректі бағыпқағудың хас шебері. Қарнымен жер бауырлаған аппақ қаздар ай даладағы қоражайға әр беріп, тіршілікті түрлендіріп тұрғандай. Осы тұста құс шаруашылығын қолға алуға ниетті екендіктері де аңғарылмай қоймайды. Жұмыртқа мен құс етінің өзі таптырмайтын табыс көзіне айналып отырған уақытта мұның еш артықтығы сезілмейді. Алдағы қысқа жетерлік мал азығының берік қорын жасап алыпты. Шаруашылық қарамағындағы шағын жерге жоңышқа мен жүгері егіп, нәтижесінде 100 тал орама шөп, 5 тонна жем әзірлеген. Іскер азаматтың техникасы да түгел.

Өзін-өзі асырап отырған ауылдардың бірі – Еламан. Мұнда 3 мыңға жуық халық тұрады. Жалғамыспен жалғасуға жақын бұл ауылда кең жүректі кәсіпкер Кенхан Қитаров есімі жақсы таныс. Сонау нарықтық заманның қиыншылығында Қитаровтың қамқорлығының арқасында ауыл тұрғындары шашау шықпаған. Қиын-қыстау кезеңде қарынның емес, халқының қамын күйттеген К. Қитаров ауылдан 75 орынды бастауыш мектепті өз қаржысына салдырып, ауыл балаларының алаңсыз білім алуына жағдай жасаған.

– Ауылымыздың ажары кіріп келеді. Әсіресе, биылғы оқу жылында «Нұрлы жол» бағдарламасымен бой көтерген 300 орынды №41 жаңа мектептің пайдалануға берілуі зор қуаныш болды. Бұрынғы 75 орынды ескі мектеп балабақшаға беріліп, аналардың қолын ұзартты. Күрделі жөндеу көрмеген ауыл көшелері аудан әкімі Райхан Садықованың қолдауымен асфальтталып, айнадай жарқырап жатыр. Жауын-шашынды күндері батпақтан аяқ алып жүре алмаушы еді, енді міне, балаларымыздың аяғы тап-таза болып киреді мектепке, – дейді Еламан ауылының ақсақалдар алқасының төрағасы Қоныс Алшынбеков.

«Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра», – деген дана қазақ. Еламан ауылындағы құрметті жандардың бірі – фельдшер Күләш Рысманбетова. Зейнет жасына жаңа іліксе де маман тапшылығын сездірмей, үйреншікті жұмысын жалғастыруда. Уақытпен санасуды білмейтін ақ желеңді абзал жанның қай уақытта да есігі ілінбейді. Ауырған-сырқағанға қолдан келер көмегін аямайтын жанға көптің алғыстан өзге айтары жоқ. Осы күні тұмауға қарсы екпе жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп жатқан фельдшердің мейірімді жүзі мен жұмсақ қолына балалардың да бойы үйренгені осы еселі еңбегінің жемісі болса керек.

ТҮЙІН: ***«Бірлік бар жерде тірлік бар» деген осы. Ауыл тұрғындарының ынтымақ-бірлігінің арқасында ауылдың тұрмысы түзеліп, әлеуметтік жағдайдың жақсарып келе жатқандығы көңіл қуантады. Өзгелерге үлгі боларлық мұндай іс-шаралар жібі үзбей жалғасып жатса нұр үстіне нұр. Сөз соңында қайырымдылық пен мейірімділікті бәрінен биік қоятын ұлт мақтанштары көп болсын демекпіз.***

Талғар ауданы.

БРИФИНГ

ҰЛТ ӨЗЕГІ

Білімгерлер мен оқушылар арасында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбында өткен облыстық шығарма байқауының қорытындысы бойынша өңірлік коммуникациялар қызметінде кезекті брифинг ұйымдастырылды.

Журналистермен болған басқосуда облыстық білім басқармасының орта білім, оқытудың жаңа технологиясы мен инновация бөлімінің бас маманы Руслан Арысланов сөз алып, аталмыш байқау жайлы егжей-тегжейлі ақпар берді. Қыркүйек-қазан айларына жалғасқан байқауға оқушылар мен білімгерлерден 130 шығарма қабылданған. Үміткердің қай-қайсысы да «Рухани жаңғыру» бағдарламасын тереңнен түсінген, сондықтан да олардың шығармасы тұшымды әрі көңілге қонымды. Байқау шарты бойынша колледж білімгерлерін жеке, орта мектеп оқушыларын жеке бағалап, жүлдегерді әділ түрде анықтаған. Осылай деп мәлімдеген Руслан Әлімбатырұлы мұндай байқау жастардың таным көкжиегін кеңейтіп, шығармашылыққа әрі еркін ойлау қабілетін арттыруға септігін тигізетіндіктен, әлі де түрлі тақырыпта жалғасын табарына сенімді екендігін жеткізді. Одан кейін байқау жеңімпаздары №19 орта мектептің оқушысы Зейнолла Расул мен М. Арын атындағы №24 дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын арнаулы лицейінің оқушысы Мағжан Оспан сөз алып, топ жарған шығармаларының қалай жазылғанын баяндады. Олар алдымен Елбасының бағдарламалық мақаласын санаға тоқып, әр жолына тереңнен үңілгендігін, сол арқылы Рухани жаңғырудың астарында ұлт болмысы мен өзегі жатқандығын пайымдай білген. Сондықтан да шығарманың жазылуы аса ауырға соқпаған көрінеді. Талантты жастардың баяндамасынан кейін журналистер байқау жөнінде көкейдегі сауалдарын қойды. Кеш қонақтары сұрақтарға жан-жақты жауап бере білді.

АРДА БИ.

«НҰРЛЫ ЖЕР»

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Алакөл ауданында жұрт сүйсінетін бастамалар қолға алынды. Әсіресе, құрылыс саласындағы тың жобалар туризмі өркендеген өңірдің ажарын ашып, жаһандық бәсекедегі бәсін жоғарылатуға сеп болуда.

ТАБЫС БАСТАУЫ

Жетісу

Қажет АНДАС

Әсіресе, Алакөлде салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар алға басуда. Соның ішінде жастар арасындағы бұқаралық спорт түрлерін дәріптеу мақсатында аудан әкімі Әлібек Жақанбаевтың бастамасымен «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында бірнеше спорт алаңы салынып, халық игілігіне берілді.

Биылғы жоспар бойынша бұл жоба бес ауылдық округте жүзеге аспақшы. Жақында Көлбай ауылдық округінде осындай алаңдардың бірінің ашылу салтанаты өтті. Онда облыстық турнир жалауын желбіретіп, 14 құрама бап пен бақ сынасты. Дүбірлі доданың қорытындысы бойынша Кербұлақ ауданының спортшылары бірінші, Көлбай ауылдық округі мен Талдықорған қаласының құрамалары екінші және үшінші орындарды өзара бөлісті. Сөйтіп, алакөлдіктер бауырмалдықтың үлгісін тағы бір мәрте көрсетті.

Осындай игілікті жұмыстарды ширата түсу үшін аудан әкімі биыл тапсырылатын құрылыс нысандарын назардан шығармай, күн сайын қадағалап отырады. Тіпті, арасында уақыт тауып сол нысандарды аралап, артықшылықтары мен кем тұстарын көрсетіп қайтады. Бұл ретте аудан басшысы Қабанбай ауылдық округінің Мәдениет үйі мен О. Молдағожин атындағы орта мектептің жағдайымен танысты. Аталмыш оқу ордасының ауласына О. Молдағожиннің ескерткіші қойылмақшы. Жасалатын жұмыс әлі де көп. Жуық арада абыз ақсақалдың тұлғасы толықтай тұрғызылмақ. Сонымен қатар, Омар атаның ұрпақтары білім мекемесінің жанынан балаларға арнап спорт алаңын салып бермекші. Бұл қабанбайлық жастардың бос уақытын тиімді өткізуге үлкен септігін тигізбек. Ал ауылдық Мәдениет үйінің сыртқы көрінісі уақыт сынына шыдас бермей, ескіруіне байланысты жөндеу жүргізіп, айналасын абаттандыру қолға алынған.

Үшарал қаласындағы орталық саябақ, спорт кешені және бес қабатты тұрғын үйдің құрылысы да әкім назарынан тыс қалған емес.

Орталық саябақтағы жұмыс соңғы жылдары жүзеге асырылған ілкімді істің бірі болмақ. Демалыс орнының аумағында диаметрі 18 метрге жететін алып субұрқақ, ашық аспан астындағы сахна, сағатты мұнара, велосипед және жаяу жүргіншілер жолы, ескерткіштер орналастырылып, айналасы жасыл желекке оранбақ. Заманауи үлгіде салынып жатқан спорт кешенінің темір қаңқасын тұрғызуға небәрі сегіз адам жұмылдырылған. Өйткені, қолданылып отырған материалдар көп күш пен уақытты талап етпейді. Бір айта кетерлігі, аталмыш кешен республикалық дәрежедегі додаларды өткізуге лайықталып салынуда. Сондай-ақ. құрылыс жұмысы аяқталуға жақын қалған 20 пәтерлі тұрғын үй аудан әкімінің оң бағасына ие болды. Уағдалы уақытта нысан халықтың пайдалануына берілмек. Ал ашылу салтанаты желтоқсан айына жоспарланған Бескөл ауылдық округінің Мәдениет үйінің құрылыс жұмысы ойдағыдай жүргізілуде.

Иә, жоспар барда жоғары нәтиже болады. Осыған дейін алакөлдіктер жеткен нәтиже табыс ұтқыр ұйымдастыру мен жүйелі басқарудың себебі жатыр.

Алакөл ауданы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 128 (18404)
Сенбі, 18 қараша, 2017 жыл.

JA`DIGER

Saqalyn`nan ai`naldym, qart-babalar,
Urpag`yn`a ne ai`tasyn` artta qalar?
O, tiri s`ejireler, qaldyryn`dar,
Qaneki`, nelerin` bar saltqa jarar?
Qaneki`, nelerin` bar, Atalarym?
Urpag`yn`a uran qyp aparamyn.

MUQAG`ALG`.

ЖӘДІГЕР

Сақалыңнан айналдым, қарт-бабалар,
Ұрпағыңа не айтасың артта қалар?
О, тірі шежірелер, қалдырыңдар,
Қанеки, нелерің бар салтқа жарар?
Қанеки, нелерің бар, Аталарым?
Ұрпағыңа ұран қып апарамын.

МҰҚАҒАЛИ.

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ



ҚАНЕКИ, НЕЛЕРІҢ БАР салтқа жарар?

Талдықорғанда республикалық ардагерлер кеңесінің көшпелі кеңесі өтті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілген маңызды мәселелерді талқылауға арналған жиында барлық облыс ардагерлері бас қосты. Қонақтарды облыс басшысы Амандық БАТАЛОВ күтіп алды. Әуежайда қонақтарға қазақтың қонақжайлық ғұрпымен құрт-ірімшік, қымыз бен шұбат ұсынылып, дәмнен ауыз тигізілді.

Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

Осы орайда ардагерлерге қаланың тыныс-тіршілігі таныстырылды. Әкім бастаған алқалы топ алдымен, талдықорғандықтардың көңілді демалыс орнына айналған Қаратал жағалауына келді. Көрікті орынға көзайым болған ардагерлер келесі кезекте шаһар орталығындағы Елбасына арнап тұрғызылған монументтің архитектуралық ерекшеліктеріне көз жүгіртті.

Кездесу барысында өңір басшысы қала тұрғындарының мерекелік мекеніне айналған «Жастар» саябағын да кеңінен таныстырды. Әрі болашақта саябақ маңайында бой көтеретін нысандар мен кешенді жұмыстардың жай-жапсарын баяндады. Шара аясында сыйлы қонақтар ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың ескерткіш бюстіне барып рухына тағзым етті.

Әр өңірден жиналған ардагерлер жаңадан бой көтерген Журналистер үйін де аралады. БАҚ қызметкерлеріне арнап тұрғызылған 5 қабатты ғимаратта үш жүзге тарта журналист қызмет етеді. Ардагерлер ғимараттағы телерадио кешенінің бағдарламалар студиясымен танысып, жаңартылған техникалық базасын көрді.

Сондай-ақ, қонақтарға облыста бой көтерген жаңа нысандар көрсетілді. Жастарға қызмет көрсету орталығы мен Оқушылар сарайын арнайы аралап, әсерлерімен бөлісті.

Игілікті шараның екінші күні ардагерлер ұйымдарының басшылары қаладағы жаңадан қолданысқа берілген Көрме кешені мен Салтанат сарайын тамашалады.

Бұдан соң Салтанат сарайында тұтас шараның негізгі түйіні, басты мақсаты болған ардагерлер ұйымдарының республикалық семинар-кеңесі өтті. Жиын Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру бойынша өзара тәжірибе алмасу алаңына айналып, аталған ұйым жетекшілері өз ойларын ортаға салды.

Ауқымды шара барысында Амандық Ғаббасұлы сөз алып, республиканың түкпір-түкпірінен келген ардагер қауымды құттықтады.

– Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы! Ардақты ардагерлер! Жер жаннаты – Жетісуға қош келдіңіздер! Бүгінгі ірі шараның біздің облысымызда өткізіліп отырғанына өте қуаныштымын. Осы сәтті пайдаланып, баршаңызды республикалық ардагерлер ұйымының 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ардагерлер ұйымын жанды да жігерлі, жұмыстары нәтижелі, белді ұйымдардың бірі деп атап өткен болатын. Бұл сіздердің еңбектеріңізге берілген ең жоғары лайықты баға, – деді облыс әкімі. Әрі ұйым жұмысының жемісті болып, мол табыстарға жете беруіне тілектес екенін жеткізді.

Амандық Ғаббасұлы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңызы терең, ауқымы зор, ұлтымыз үшін берері мол бағдарлама екенін айта келіп, тарихи құжат аясында Жетісу жерінде атқарылып жатқан қарқынды жұмыстар жайымен таныстырды. Сонымен қатар, Қызылорда облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы, Жетісу өңірінің сыйлы азаматы, өз заманында облыста лауазымды қызмет атқарған Сейілбек Шаухамановтың иығына шапан жауып, «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағын табыстады (жоғарғы суретте).

Өз кезегінде "Ардагерлер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесінің төрағасы Бақтықожа Ізмұханбетов игі шараның жоғары деңгейде өтуіне мұрындық болған өңір басшысы Амандық Баталовқа, қала әкімі Бағдат Қарасаев пен облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейітке өз алғысын жеткізе келіп:

– Біздің аға буын тар жол, тайғақ кешуден, қиын-қысталаң күндерден өтіп шыныққан буын. Халқымыздың салт-дәстүрін, мәдениет мәйегін сақтап келген де ақсақалдар мектебі. Оны бүгінгі ұрпақ біледі деп ойлаймын. Осы ретте семинарлық кеңесіміздің тақырыбы болған Елбасының бағдарламалық мақаласын жан-жақты насихаттап, оның дәнін тәуелсіз Қазақстан топырағында жайқалта өсіруге септесетін боламыз, – деді ол. Әрі облыс әкіміне аталған орталық кеңестің «Құрмет» төсбелгісін табыстап, өңір ардагерлерін Құрмет грамотасымен марапаттады.

Басқосу кезінде ардагерлер ұйымының әр облыстан келген өкілдері сөз алып, ұйымның бұдан да биік белестерді бағындыратынына өз сенімдерін білдірді.



Суреттерді түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

КОММУНИКАЦИЯ

Күніне 52 мың көлік өтетін «Апорт» және «Алтын Орда» базары мен «Асыл арман» тұрғын үй кешені маңындағы кептеліс бәрімізге мәлім. Осы қиындықты шешу үшін облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ араласуымен Үкіметтен қомақты қаржы бөлініп, жақын арада құрылыс жұмысы басталмақ. Облыс әкімінің орынбасары Айдарбек БАЙЖАНОВТЫҢ төрағалығымен өткен жиында осыған қатысты мәселелер қаралды. Басқосуға осы жобаға тапсырыс беруші және мердігер компания мен Қарасай ауданы әкімдігінің өкілдері қатысты.

КЕПТЕЛІСТЕН ҚҰТЫЛАТЫН КҮН ЖАҚЫН

Жетісу
Қажет АНДАС

Алдымен Айдарбек Естебекұлы сөз тізгінін құрылыс жұмысын жүргізетін мекемелердің өкілдеріне берді.

Мінберге көтерілген «ҚазАвтожол» АҚ Алматы облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Нұрхат Ақылтаев құрылыстың жалпы жағдайынан хабардар етті.

– Қазіргі таңда аталған жолды кеңейтуге қатысты жоба бекітіліп, тендер арқылы мердігер компания анықталды. Енді құрылысты «Торстрой» ЖШС жүргізетін болады. Жобаның жалпы құны 9,1 млрд. теңге болса, бүгінде мердігер компанияның дайындық жұмыстарына 2,7 млрд. теңге қаржы аударылды. Жыл соңына дейін 300 млн. теңге бөлінбек. Олар осы қаражат есебінен қажетті құрылыс материалдарын, құрал-жабдықтар мен жұмысшыларды дайындауда, – деді ол.

Өз кезегінде сөз алған «Торстрой» ЖШС директоры Берік Тілеукеев:

– Биылғы жылы көпір мен жергүсті жүргіншілер жолы салынады. Сондай-ақ, құрылыс жұмысы жүретін аумақтағы су, электр, газ, жылу желілерін жер астына түсіру жұмысы жүргізіледі. Құрылыс жоспар бойынша 2020 жылғы шілдеде тапсырылуы тиіс, алайда оны мерзімінен бұрын ел игілігіне бермекпіз. Өйткені, мекемеміз осы облыста орналасқан, құрылысқа керекті материалды өндіретін зауытымыз бар. Ол құрылыс алаңынан 20 шақырым жерде орналасқан. Осындай мүмкіндіктер жоспарды ертерек орындауға сеп болады деген ойдамын, – деді.

Десе де, құрылыс жұмысы біткенше әлі талай қиындықтың туындайтыны белгілі. Қазірдің өзінде жол жиегіндегі ағаштарды кесу мен қызыл сызыққа кірген нысандарды сатып алуға қатысты қиындықтар туындауда. Осыған қатысты Қарасай ауданы әкімінің орынбасары Нұрлан Сатубеков:

– Алматы – Бішкек жолының бойындағы жұмыстарды жүргізу үшін ауданға қарасты 48 жер телімін сатып алу жоспарланған. Қазір 25 жер телімін сатып алуға қатысты жұмыстар аяқталды. Ал қалған 14 жер телімінің 5-і сатуға келісімін берсе, 9-ы келіспегендіктен олардың ісі сотқа жолданды, – деді.

Алдағы уақытта «Апорт», «Алтын орда» базары мен «Асыл арман» тұрғын үй кешенінің маңында жүргіншілердің үш айналма жолы, бір айналмалы көпір, Абай мен Іргелі ауылдарының қиылысында 700 метрлік кірме жол салынады. Жалпы он жолақты жолдың төрт жолағы транзиттік болса, екеуі көше автобустарының іркіліссіз жүруіне, екі жолағы ауыл мен базардан кіріп-шығатын көлік қозғалысына арналады.

КӘСІПКЕР КЕЛІНШЕКТЕР

ЕҢБЕКТІҢ КӨЗІ – БАЙЛЫҚТЫҢ ӨЗІ

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дейді аталы сөзге тоқтай білген қазақ. Бүгінде белгілі бір кәсіппен айналысып, ел дамуына күш салып жүрген жандарды көргенде іштей риза боласың. Солардың ішінде шағын және орта кәсіпте шаруасын дөңгелентіп, ерекше қырынан танылып жүрген қыз-келіншектер де бар.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Ауыз толтырып айтуға оңай болғанымен кәсіп ашып, оны одан әрі ұршықша үйіріп әкету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, қандай да бір істі бастағанда кедергілер мен қиындықтарға тап болатының рас. Сондықтан оған даептілік, үлкен сабырлылық пен білім-біліктілік қажет. Сонда ғана ойға алғандарды жүзеге асырып, мақсат-армандарға жетуге жол ашылады. Қазір облыста көптеген кәсіпкер мемлекет қолдауының арқасында істерін кеңейтіп, жұмыстарын жандандыруда. Осындай қолдауды тиімді пайдаланып отырғандардың бірі Бақанас ауылының тұрғыны Айзат Абдраева.

Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Береке Несіпбаев биыл оның «Бизнестің жол картасы —2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының көмегі арқылы бір миллион теңге көлеміндегі қайтарымсыз грантқа қол жеткізгенін айтты. Енді ол сол қаражатқа жүн түтетін жаңа құрылғы сатып алып, кәсібін одан әрі өрістетпек ниетте. Өз ісінің шебері атанып, кәсіпті нәсіп еткен келіншектің бизнеспен шұғылданғанына сегіз жылдай уақыт болған. Айзат үй ауласынан шағын тігін цехын ашқан. Цехты өз қаражаты есебінен салыпты. Онда қазір терезе перделер мен көрпе-жастықтар және киім-кешектер пішіліп, тігіледі. Ұлттық нақыштағы киімдер де бар. Көз жауын алатын түрлі түсті құрақша көрпешелер де сол жерден табылады.



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ.

«Құрақты өзім құраймын», дейді Айзат. Ал көрпе негізінен қой жүнінен жасалады. Ескі көрпелердің мақтасы қайта өңделіп, жаңа өнім етіп шығарылады. Дайын бұйымдарға көбіне ауыл тұрғындары тапсырыс береді.

Кәсіпкер келіншектің негізгі мамандығы есепші. Бұған дейін аталмыш сала бойынша әртүрлі мекемеде қызмет істеп, кейіннен отбасылық жағдайға байланысты тігін ісімен айналысуды қолға алыпты.

Жалпы, кәсіпкердің бұл іске деген қызығушылығы бала жасынан қалыптасқан. Тігін тігудің қыр-сырын негізінен анасының әпкесінен үйреніпті. Ол кісі тігіншіліктің шебері болған көрінеді. Өзі де ізденіп, тігін өнеріне арналған кітаптар оқып, білімін жетілдіріп отырған. Аталған саланың сырын терең меңгеру үшін Алматы қаласына барып, тегін жұмыс та істепті. Әкесі Есімхан Абдрайұлы математик, анасы Сайлаукүл Абаева медбике қызметін атқарыпты. Әкесі де қолөнер шебері, темірден түрлі бұйым жасап, ұсталық кәсіппен айналысқан.

Балқаш ауданы.

Баспасөз – 2018 ● Баспасөз – 2018 ● Баспасөз – 2018

«Жетісу» газетіне 2018 жылға жазылу жүріп жатыр

Жалпы жазылу:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	4644,72	4954,32	9289,44	9908,64
ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	3020,40	3330,00	6040,80	6660,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3155,04	3464,64	6310,08	6929,28
Жалпы жеке жазылу	65469	3291,84	3601,44	6583,68	7202,88

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3600	7200
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	2000	4000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2100	4200
4.	Жалпы жеке жазылу	2300	4600

«Жетісудың» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Электронды форматтағы жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3300	6600
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	1650	3300
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1750	3500
4.	Жалпы жеке жазылу	1850	3700

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 129 (18405)
Сейсенбі, 21 қараша, 2017 жыл.

ВОЛЕЙБОЛ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ЖАСТАР» СПОРТ САРАЙЫНДА БҰРЫН-СОҢДЫ БОЛМАҒАН ДҮБІРЛІ ДОДА ӨТТІ. ӘДЕТТЕ ЖАРЫС ДЕСЕ ЖЕЛКІЛДЕГЕН ЖАСТАРДЫҢ БӘСЕКЕСІН ТАМАШАЛАП ҮЙРЕНІП ҚАЛҒАН ЖАНКҮЙЕРЛЕР БҰЛ ДОДАДА МҮЛДЕ БАСҚАША ОЙ ТҮЙДІ. ЖАСТАРЫ ҚЫРЫҚ ПЕН АЛПЫСТЫҢ МОЛ ІШІНЕ ТАЯҒАН АРДАГЕРЛЕРДІ КӨРГЕНДЕ ЕРІКСІЗ БАС ШАЙҚАЙСЫҢ. АЛА ДОПТЫ ҰРШЫҚША ИІРІП, ӘУЕДЕ ҚАЛҚЫТА СОККАНДА ШЕТТЕ ОТЫРҒАН ЖАНКҮЙЕРДІҢ АЙЫЗЫ ҚАНАДЫ. ДОПТАРЫ МІРДІҢ ОҒЫНДАЙ, АЛАҢҒА ҚАҚҚАН ШЕГЕДЕЙ ҚАДАЛЫП, НАҒЫЗ ШЕБЕРЛІК ТАНЫТТЫ. ЕГДЕЛЕНІП ҚАЛЫПТЫ ДЕГЕНІ БОЛМАСА, ОЙЫНДАРЫ ЖАСТАРДАН АСЫП КЕТЕДІ. ДӘУІРІНДЕ ТАЛАЙ БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕНІ ӨТКІЗГЕН СПОРТШЫЛАР НАҒЫЗ ОЙЫНДЫ КӨРСЕТТІ.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Арыны басылмаған ардагерлер

Жетісу
Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Сонымен Жетісу жерінде волейболдан ардагерлер командалары арасында «Жетісу кубогы» халықаралық турнирі өтті.

Додаға алыс-жақын мемлекеттен алты команда келді. Нақтырақ айтқанда Ресей, Моңғолия, Бурятия, Өзбекстан, Тыва республикасы және Қазақстаннан «Жетісу» командасы қатысты. Жарыстың ашылу салтанатында ҚР волейбол федерациясының вице-президенті, Алматы облысы волейбол федерациясының президенті, облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** сөз сөйледі. Өңір басшысы облыста атқарылып жатқан игі істерді айта келе өңірде спорт саласы қарқынды даму үстінде екенін мақтанышпен жеткізді. Мәселен, «Жетісу» қыздар командасы волейбол ойынында республиканың жеті дүркін чемпионы, ел кубогын да жеті рет иеленген команда. Осындай жарқын көрсеткішіміздің арқасында волейбол ойынына қызығушылық артып, шеберлердің орнын басатын жастар өсіп келе жатқанын да тілге тиек етті. Сондай-ақ, жарысқа келген командаларға сәттілік тілеп, жарысты ашық деп жариялады. Мұнан кейін ортаға әр елден келген команда капитандары шығып, жарысты ұйымдастырған басшылыққа ризашылығын білдіріп, естелік сыйлықтар табыс етті.

Расында да, жас күндерінде бірбірін дүбірлі додада кездестіріп, қарсылас атанған ескі достар, араға жылдар салып, Жетісу жерінде бастары қосылғанына шынайы қуанды. Көптен көрмеген ардагер спортшылар бір-бірін құшақтап, жас кездерін еске алып, мәре-сәре болды.

Салтанатты шарадан кейін ойын да басталды. Жарыстың шымылдығын Қазақстан «Жетісу» командасы мен Буратия мемлекетінің командасы ашты. Алаңға шыққан екі команда да нағыз шебер ойыншылар екенін көрсетті. Тіпті, ойындарына қарап, жастары алпысты алқымдап қалған ардагерлер деп айтуға келмейді. Құдды бір жиырма бестегі жігіттей ойқастап, ортаға керілген торға еркін секіріп, соққы жасағанда таңдай қағасың. Сонымен шиыршық атқан ардагерлер екі кезең бойы жан алысып, жан берісін тер төкті. Нәтижесінде 2-0 есебімен алаң иелері «Жетісу» командасы жеңіске жетті. Одан кейін Ресей мен Моңғолия командасы шықты. Құрамына кіл мықтыларды жинаған Ресей командасы бірінші ойыннан-ақ өздерінің чемпиондыққа дәмелі екендіктерін байқатты. Кескілескен ойында ресейліктер екі кезең бойы шашау шығармай, айқын басымдықпен жеңіске жетті. Есеп 2-0. Ал Тыва мемлекеті мен Буратия елінің командасы арасындағы ойын да тартысы өтті. Айласы басым Тыва командасы 2-0 есебімен жеңіске жетті. Екінші күні Моңғол командасы мен ала шапанды ағайындар кезікті. Ұжымдық ойынды өте шебер қалыптастырған, өзбек командасы екі кезеңде де ірі есепке қол жеткізіп, қарсыластарын тас талқан етті. Қазақстан мен Тыва арасындағы кездесуде жерлестеріміз жеңімпаз атанды. Ал өзбек командасы Ресей командасына тегеурінді қарсылас бола білді. Бірінші партияда ресейліктер жеңіске жетсе, екінші кезеңде өзбектер есепті теңестірді. Шешуші сәтте орыстар жеңісті жұлып алды. Жартылай финалда Қазақстан командасы өзбек ағайындарды ұтып, финалға жолдама алса, Ресей Тываны жеңіп, ақтық сында жарыс қожайындарына қарсылас атанды. Сонымен шешуші кезеңде үшінші орын үшін таласта Өзбекстан мен Тыва мемлекеті жолықты. Тартысты өткен бәсекеде Тыва жарыстың қола жүлдегері атанды. Финал өте қызықты өтті. «Жетісу» командасы мен Ресей мықтылары жолықты. Кіл мықтылар арасындағы ойын теке тіреспен өтті. Бірінші кезеңде жерлестеріміз жеңіске жетсе, екінші кезеңде ресейліктер ұтты. Соңғы сәтте қарсыластар командасы қатты қарқын алып, жеңіске жол ашты. Осылайша ресейліктер Талдықорғанда ұйымдастырылған «Жетісу кубогының» иегері атанды.

Жарыс соңында облыс әкімі Амандық Баталов жеңімпаздарды марапаттады. Бірінші орынға көтерілген Ресей командасына арнайы кубок пен 1 млн. теңгенің сертификаты табысталды. Екінші орын алған «Жетісу» командасы кіші кубок пен 700 мыңның сертификатын иеленсе, үшінші орын алған Тыва мемлекеті 500 мың теңгеге қол жеткізді. Сонымен қатар, әр командада үздік ойын көрсеткен ойыншылар анықталып, арнайы сыйлықтармен марапатталды. Осылайша үш күн бойы жастық кездерін еске түсірген ардагер волейболшылар құшақтары қуанышқа толып, қимастықпен Жетісу жерімен қош айтысты.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

БИЫЛҒЫ ЖЫЛ АЛАКӨЛДІКТЕР ҮШІН ТАБЫСТЫ БОЛДЫ. ҚАЙ САЛАДА БОЛСЫН АЛҒА БАСУ БАР. СОНЫҢ БІРІ – АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ. АУДАННЫҢ 9 АЙДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ӨНДІРІЛГЕН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМНІҢ КӨЛЕМІ 22748,8 МЛН. ТЕҢГЕНІ ҚҰРАП, НАҚТЫ ИНДЕКС КӨЛЕМІ 101,7 ПАЙЫЗҒА ОРЫНДАЛДЫ. БҮГІНДЕ ЖИЫН-ТЕРІН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ АЯҚТАЛЫП, МАСАҚТЫ ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР МЕН КАРТОП, КӨКӨНІС, ЖЕМІС-ЖИДЕК, БАҚША ДАҚЫЛДАРЫ ТОЛЫҚ ЖИНАЛҒАН. МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАРДЫ ЖИНАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА. ЕГІННЕН ДЕ МОЛ ӨНІМ АЛЫНЫП, ҚАМБА АСТЫҚҚА ТОЛҒАН. СОНЫМЕН ҚАТАР, ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІ ДЕ ЖАМАН ЕМЕС. ТЕК ӨНІМДІ ЭКСПОРТТАУ ЖАҒЫНДАҒЫ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕР БОЛМАСА, БАРЛЫҚ ЖҰМЫС ОЙДАҒЫДАЙ ЖҮРІП ЖАТЫР.



Алакөлдіктердің қоржыны толды

Жетісу
Қажет АНДАС

Аудан бойынша жалпы егіс көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 1449 гектарға өскен. Басқасын айтпағанның өзінде, 500 гектар жерге қант қызылшасын еккен алакөлдіктер өнім көлемінің жоспардағыдай орындалғанына қуанышты. Қазіргі уақытта дәнді дақылдарды жинау жұмыстары толығымен аяқталды. Жалпы дәнді дақылдан 69437 тонна өнім алынып, әр гектарға 21,2 центнерден айналған. Сонымен қатар, биылға жоспарланған күздік бидай толығымен себіліп, сүдігер жыртылған. Келесі жылдың өніміне жоспарланған дәнді дақыл тұқымы толық егілген. Айта кетерлігі, өткен жылы минералдық тыңайтқышқа 9,7 мың теңге, бір және көпжылдық шөп, сүрлемдік жүгері мен күнбағысқа 8,2 мың теңге және арпа, қант қызылшасы, дәндік жүгері, майбұршақ тұқымына 11,7 мың теңге, гербицидке 46,02 мың демеуқаржы төленсе, биыл да осындай көлемде көмек болады деп күтілуде. Көктемгі егіс, күзгі жиын-терін мезгілінде жанар-жағармай мәселесі де ойдағыдай шешіліп, қиыншылық орын алған жоқ.

Күзгі жиын-терін жұмысында 75 комбайн жұмыс жасауда. Биыл Жағатал ауылдық округінен қант қызылшасын өсіруге қолдау көрсету үшін құрылған «Жағатал» СДО» сервистік дайындау орталығында 250 млн. теңгеге 9 дана жаңа техника сатып алынды. Қазіргі уақытта шаруашылықтарға қызмет көрсетуде.

Аудан бойынша ағымдағы жылы қант қызылшасын өсірумен айналысатын екі ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі құрылып, қосымша екі сервистік дайындау орталығын құру үшін құжаттары жиналып, «Жетісу» ҰК» АҚ-ға тапсырылды. Сондай-ақ, ауданның техника паркі жылдан-жылға жаңартылып отырғанын қоса кеткен жөн. Айталық, күзгі жиын-терін жұмыстарына 1428 тонна жанар-жағармай шаруашылық құрылымдарына босатылып, литрі 130 теңгеден сатылды.

Аудан бойынша мал басы тұрақты өсуде. Жылдан-жылға асыл тұқымды малдың үлесі де артып келеді. «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламасы бойынша жоспар ойдағыдан әлдеқайда асыра орындалды. Сонымен қатар «Алакөл несие серіктестігі» ЖШС «Іскер», «Сыбаға», «Кең Дала», «Қанат», «Бірлік» бағдарламасы бойынша 352,4 млн. теңгеге сұраныс беріліп, 42 шаруашылық құрылымына жеткілікті несие берілді. Өткен жылдың индикативті көрсеткіштерінің пилоттық жобасы бойынша төрт кооператив құру жоспарланса, нәтижесінде жеті кооператив құрылған. Ақжар ауылдық округінде «Ақжар сүт» кооперативі «Ауылшаруашылығы қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 20 жеке қосалқы шаруашылыққа несие алып, 190 бас ірі қара сатып алынып, «Фуд Мастер» АҚ-мен келісімшартқа отырып, жұмыс істеп жатыр. Қосымша «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы жалпы құны 5 млн. теңге тұратын сүт қабылдайтын модуль сатып алынып, орналастырылды. Басқа шаруашылықтар да осындай жетістіктерге жетуде. Тіпті, аудан бойынша мал бордақылау алаңдарының қатары көбейіп, жыл басынан 930 бас ірі қара сатылды.

Жалпы, аудан бойынша барлық салада ілгерілеушілік бар. Десе де, алакөлдіктер жеткен жетістікке масаттанбай қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, жыл соңына дейін бұдан да жоғары көрсеткіштерге жетуге тырысып келеді. Аудан әкімі Әлібек Жақанбаев «Биылғы жылға межеленген жоспардың бәрі орындалады» деп отыр. Қысқасы, Мемлекет басшысы, облыс әкімі жүктеген мақсат-міндеттің кешенді түрде іске асуына бастамашы бола білген алакөлдіктер бөлінген қаржының дер кезінде игерілуіне ерекше назар аударып, жұрттың шаруасын шалқыту жолында жұмыла жұмыс істеп келеді.

Алакөл ауданы.

ДЖА'DIGER

DU'NI'E

Al, usta, bul so'zimdi jalg'an emes,
Bul du'ni'e i'mandyg'a arman emes.
Du'ni'enin' qyzyg'y u's'in mal ji'nai'myz,
Mal, s'irkin, es'kimge erip barg'an emes.
Buryng'y pai'g'ambar men sahabalar,
Pai'da g'yp es'kim malyn alg'an emes.
O'tirik, urlyq, zorlyq, meker, qai'la,
Bul u'lgi pai'g'ambardan qalg'an emes.
Artynan qy' na'psinin' ere bersen',
Qy' na'psi ju'giristen tang'an emes.
Na'psige toqtay' qylg'an pendesine,
Tozaqtyn' oty key'lep jang'an emes.
Qay'pi joq aqyrettin' azabynan,
Ji'ylyp du'ni'e u's'in qylar ken'es.
Qai'g'ysy eki ji'han oi'ynda joq,
Ko'n'ilinde oi'lag'any qulaq ten'es.
Istei' ber tirs'ilikte bilgenin'di,
Birey'din' qam-qai'g'ysyn birey' jemes.
Al, endi, talai' tag'ylym ai'typ qoi'g'an,
Anda-sanda oi'lan'dar men bai'g'usty,
Du'ni'e ko's'ip ketip, qai'ta kelmes.

QABYLISA JYRAY'.

ЖӘДІГЕР

ДУНИЕ

Ал, ұста, бұл сөзімді жалған емес,
Бұл дүние имандыға арман емес.
Дүниенің қызығы үшін мал жинаймыз,
Мал, шіркін, ешкімге еріп барған емес.
Бұрынғы пайғамбар мен сахабалар,
Пайда ғып ешкім малын алған емес.
Өтірік, ұрлық, зорлық, мекер, қайла,
Бұл үлгі пайғамбардан қалған емес.
Артынан қу нәпсінің ере берсең,
Қу нәпсі жүгірістен танған емес.
Нәпсіге тоқтау қылған пендесіне,
Тозақтың оты кеулеп жанған емес.
Қаупі жоқ ахиреттің азабынан,
Жиылып дүние үшін қылар кеңес.
Қайғысы екі жиһан ойында жоқ.
Көңілінде ойлағаны құлақ теңес.
Істей бер тіршілікте білгеніңді,
Біреудің қам-қайғысын біреу жемес.
Ал, енді, талай тағылым айтып қойған,
Анда-санда ойлаңдар мен байғұсты,
Дүние көшіп кетіп, қайта келмес.

ҚАБЫЛИСА ЖЫРАУ.

СЛЕТ

Жас көшбасшылармен кездесті

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ЖАСТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСҚАРМАСЫ, ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ, «ЖАС ОТАН» ЖҚ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨҢІРЛІК СЛЕТ ӨТТІ.

Шараның негізгі мақсаты – жастар саясатын жүзеге асыру, жастарды қоғамдық бірлестіктің жұмысына тарту. Жиын облыстық жастар ресурстық орталығы КММ-нің директоры, «Жас Отан» ЖҚ Алматы облыстық филиалының төрағасы Бақтияр Жақсыгелдиновтың сөзімен бастау алды. Ол: «Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі жастардың өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру және мемлекет арасындағы ынтымақтастықты дамыту, жастарды бірлестіктердің қызметіне тарту мақсатында Қазақстанның барлық өңірлерінде жастардың өзін-өзі басқару органдары көшбасшыларының өңірлік слетін өткізуді ұсынды», – деді. Келесі кезекте Ақсу ауданы жастар ресурстық орталығының жетекшісі Мейіржан Молдағалиев, Талдықорған медициналық колледжінің жастар ісі жөніндегі жетекшісі Меруерт Абылқас жастардың өзекті мәселелері жайлы кеңінен тарқатты.

Жиын соңы «Мемлекеттік жастар саясатын дамытудың келешегі» тақырыбындағы дебатпен жалғасын тапты.

Айнұр НҰРБОЛОВА.

Баспасөз – 2018 Баспасөз – 2018

Қазақ баспасөзінің қасиетті қара шаңырағының бірі – облыстық «Жетісу» газетінің жарыққа шыға бастағанына алдағы жылдың маусым айында 100 жыл толады. Алаш арыстарының қолдауымен жарыққа шығып, ұлт көсемдерінің қолтаңбасы қалған ата басылымға жазылу науқаны басталды. Негізгі бағыты қоғамдық-саяси болғанымен тарихымыздан сыр шертіп, мәдениетіміз бен әдебиетімізді әспеттеп, дәстүрімізді дәріптеп, ұлттық дәстүрімізді ұлықтайтын басылыммен ғасыр тойдың төріне бірге шығайық. Жүз жасаған «Жетісуға» жазылуды ұмытпаңыз, ардақты оқырман!

«Жетісу» газетіне 2018 жылға жазылу жүріп жатыр

Жалпы жазылу:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	4644,72	4954,32	9289,44	9908,64
ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	3020,40	3330,00	6040,80	6660,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3155,04	3464,64	6310,08	6929,28
Жалпы жеке жазылу	65469	3291,84	3601,44	6583,68	7202,88



Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қалаңыз

«Жетісудың» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3600	7200
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	2000	4000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2100	4200
4.	Жалпы жеке жазылу	2300	4600

Электронды форматтағы жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3300	6600
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	1650	3300
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1750	3500
4.	Жалпы жеке жазылу	1850	3700

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 136(18412)

Сейсенбі, 12 желтоқсан, 2017 жыл.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

Облыс әкімдігінде биылғы жылдың жетістігі мен табыс-түсімін таныстырған Текелі қаласының әкімі Бақтияр ӨНЕРБАЕВ пен Қарасай ауданының әкімі Махаббат БИГЕЛДИЕВ келер жылы атқарылуы тиіс жобаларға қажетті қаржының мөлшерін ұсынды. Айтылған жобалардың тиімділігі мен маңыздылығына орай облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ сұраған қаражатты беретіндігін жеткізіп, жауапты мамандарға айтылған мәселелерді жазып алуды тапсырды.



ҚАЖЕТТІ ҚАРЖЫ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Алғашқы болып мінберге көтерілген Текелі қаласының әкімі Бақтияр Өнербаевтың айтуынша, тау етегіндегі моноқаланың болашағы көңіл сүйсінтіп, көз қуантады. Өйткені биылғы көрсеткіштер өз деңгейінде.

Баяндамашының айтуынша, 38 өндірістік кәсіпорын жұмыс істейтін моноқалада көптеген істер атқарылып, халықтың игілігіне қажетті бірқатар жобалар жүзеге асырылған. Биылғы 10 айдың ішінде өндірістік өнімнің мөлшері 11,5 миллиард теңгеге жетіп, индекс көлемі 104,4%-ды құраған. Өндіріс саласында 7,8 миллиард теңгенің өнімі өндірілген. Сондай-ақ, биыл мәрмәр тастан заттар шығаратын «AR-TEK STONE» ЖШС іске қосылып, кондитерлік өнім өндіретін «ТКФ АЛАКАЙ» ЖШС-нің көлемі ұлғайтылған. Осындай инвестициялық жобалар тұрақты 17 жұмыс орнының ашылуына септігін тигізген. Одан бөлек, «Вару Mining» ЖШС-нің «Темір рудасын қазу және өңдеу арқылы қолданбалы шойынды инновациялық технологиямен алу» жобасы жүзеге асырылуда. Сонымен қатар жыл соңында 985 адамды жұмыспен қамтитын кен байыту фабрикасы ашылады. Сондай-ақ, Қора өзеніне салынған қуаты 28,5 МВт.-тық СЭС-тің құрылысы аяқталды. Он адамға тұрақты жұмыс орнын берген стансы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен телекөпірде іске қосылды. Моноқалада шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жұмыстары белсенді жүргізіліп, инвестициялық және кәсіпкерлік белсенділікті көтеруге көмектесетін өндірістік «Достық» алаңы құрылып жатыр. Соның негізінде «Қаженов» шаруа қожалығы жылына 3 мың тонна алма сақтайтын қойма мен өнім өңдейтін зауыт салмақшы. Одан бөлек, қалада сыра ашытқысын шығаратын, құралмалы кірпіш жасайтын, декорациялық тас өндіретін цехтар, құрғақ құрылыс заттарын шығаратын цех жұмыс істейді.

Келер жылы жұмысы жанданатын өндірістердің қатарында «Текелі әк зауыты» ЖШС мен «Орта Азиялық Жиһаз компаниясы» ЖШС өз көлемін арттырса, Шажа өзенінде қуаты 25,8 МВт.-тық СЭС-2 салынуы тиіс. Биылғы 10 айдың ішінде моноқаладағы 60 шаруа қожалық 3,2 миллиард теңгенің өнімін өндіріп, Текелі экономикасының өсуіне үлес қосты. Одан бөлек, Текелідегі құрылыс, жолдарды жөндеу, білім деңгейі, медициналық көмек және халықтың әлеуметтік ахуалын әңгімелеген Бақтияр Өнербаев моноқаладағы туризмге кеңінен тоқталды. Қаланың қазіргі жай-күйін жан-жақты түсіндірген баяндамашы жасалып жатқан жұмыстардың бәрі де текелілік-тердің өмірін жақсартуға арналғанын айтты.

Келесі кезекте есеп берген Қарасай ауданының әкімі Махаббат Бигелдиев биылғы 10 айдың ішіндегі әлеуметтік-экономикалық жетістіктерді таныстырып, келешекке жоспарланған жобалардың мазмұнын таныстырды. Атап айтқанда, биыл Қарасай ауданындағы өндірістік түсімнің мөлшері жыл соңында 198,0 миллиард теңгеге жетіп, индекс көлемі 103,1%-ды құраған.

Алып шаһар Алматының іргесінде болғандықтан Қарасай ауданының өндірістік өркендеуі ерекше. Әсіресе, «Молл Апорт», «Хоум Март», «Агро Лэнд» сынды халықтың қажеттілігін қамтамасыз ететін көптеген нысандар жаңадан салынып, кеңейтіліп жатыр. Жетісу жеріндегі басым бағыттардың бірі – ауылшаруашылық саласы бойынша да Қарасай ауданы кенжелеп қалмапты. Жеке шаруа қожалықтары біріктіріліп, кооперативтер құрылып жатыр. Мал бордақылау алаңдары тұрғызылып, ет және сүт өнімдерін шығаратын зауыттар салынуда.

Баяндамашы келтірген мәліметтерге қарағанда Қарасай ауданындағы құрылыс, әлеуметтік, денсаулық сақтау, білім, құқық қорғау және әлеумет, мәдениет сынды салаларда өркендеу басым. Әсіресе, шағын және орта кәсіпкерлік, мемлекет пен жекеменшік әріптестігі салаларында ауыз толтырып айтар жетістіктер баршылық.

Өз баяндамасының соңында Махаббат Бигелдиев өзекті мәселелерге тоқталып, келер жылы атқарылуы тиіс жұмыстарға қажетті қаржы сұрады. Онда да «Нұрлы жер» бағдарламасымен салынатын нысандар және заңсыз қоқыс алаңдарын жауып, қажетсіз заттарды тікелей өңдейтін зауыты бар қоқыс алаңы құрылысына қосымша жер телімдерін сатып алу үшін қомақты қаржы керек. Сондай-ақ, халық санының жылдам өсуіне байланысты Қарасай ауданында жаңа мектептер, ауруханалар, Мәдениет үйлері салынуы керектігін ескерткен аудан әкімі өңірдегі көптеген мектеп материалдық-техникалық базамен, соңғы үлгідегі технологиямен қамтылмағанын, ескілері жаңартылмағанын баса айтты.

Екі әкімді тыңдаған облыс әкімі Амандық Баталов жауапты мамандарға көтерілген мәселелерді бақылауда ұстауды тапсырды.

Мәди ӘСЕТҰЛЫ.

ӨСКЕН ӨҢІР

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қатысуымен аудан әкімдерінің есебін тыңдау жалғасуда. Онда өңірлерде әлеуметтік-экономикалық даму бойынша он ай ішінде атқарған жұмыстар сараланып, алдағы жылы жүзеге асырылатын іс-шаралар пысықталды.

Кербұлақ ауданының әкімі Бағдат Әлиевтің баяндамасынан білгеніміздей, кейінгі жылдары Күреңбел өңірінде беделінді көтеретін жақсы дүниелер көптеп жасалыпты. Әсіресе, Алматыдан ауылға кіреберіс тұстағы мемлекеттік бағдарламамен қаз-қатар салынған жаңа тұрғын үйлер, жол бойындағы саябақ, ондағы өңірден шыққан даңқты тұлғаларға арнап жасалған аллеяны басқа аудан орталықтарынан көре қойған жоқпыз. Ал жаңадан бой көтерген халықтық банк ғимараты, спорт кешені, балабақша мен мектеп құрылысы ауылдың ажарын аша түскен. Балаларды балабақшамен қамту 93 пайыз орындалған ауданда алдағы уақытта 900 орынға арналған мектеп құрылысы пайдалануға беріліп, үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесі түбегейлі шешілген.

Осы жылдың 10 айында күреңбелдіктер өнеркәсіп саласы бойынша 2 млрд. 191 млн. теңгенің өнімін өндірген. Аудандағы ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер толық игеріліп, өнім еселеніп, қамба астыққа, жайылым малға толған. Ауылшаруашылығында 26 млрд. 970 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, дикандардың қоржыны қаржыға толған.

«Сыбаға» «Құлан» бағдарламалары ойдағыдай орындалған. Ауданда 1118 мүшесі бар 8 кооператив құрылып, жыл басынан бері 230 тонна сүт дайындалып, өңдеу кәсіпорындарына тапсырылды. Ағымдағы жылы 3 млрд. 807 млн. теңге инвестиция тартылып, ел еңсесін биіктеткен. Биыл 4152 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, үй-күйсіз жандардың қуанышын еселей түскен. Салық түсімдері артып, аудан бюджетіне 1 млрд. 279 млн. теңге түскен. Ауданда 3090 шағын және орта бизнес субъектілері жұмыс істейді. Олар тарапынан есепті мерзімде 6 млрд. 442 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, қызмет көрсетіліпті. «Бизнестің жол картасы – 2020 » бағдарламасы аясында құны 101 млн. теңгелік 6 жоба қаржыландырылған. Сондай-ақ, денсаулық, білім, мәдениет, спорт саласындағы игілікті жұмыстар жүрт көңілінен шығып келеді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында да Кербұлақ ауданы алда келеді.

Айталық, ауданға инвесторлар тарту арқылы инвестиция жоспары толық орындалса, Сарыөзекті сумен жабдықтаудың кестесін қайта қарап 4-ші кезекке жобалау жұмыстары басталған. «Сарыөзек – Қорғас – Қоғалы – Қарабұлақ» бағытындағы 15 шақырым жолды орташа жөндеу жүзеге асып, Шоқан Уәлиханов музейіне баратын жол жөнделген. Сарыөзектегі 250 орынды емхананы жобалау жұмыстары қолға алынып, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ғимаратын күрделі жөндеу жоспарға сай жүруде. Тек Басши ауылдық округіндегі Аралтөбе, Үйенкөл су қоймаларын күрделі жөндеу жұмысы орындалмады. Түрлі себепке байланысты облыстық ауылшаруашылығы басқармасында конкурс өтпегендіктен, тиісті қаржының бөлінбеуі қол байлау болып тұр.

Демек, ауданда атқарылған жұмыстар реті жеткілікті. Десе де, кейбір келеңсіздіктер де кездесіп жатады. Оның бәрі мезгілдік қиындықтар болғандықтан өз деңгейінде шешімін табады. Қысқасы, кербұлақтықтардың әр қадамы табыс пен жетістікке толы деуге болады.

Қ. ОМАРАҚЫН.

Ән әлемінде

Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада Ел Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына орай «Асқақ үнді, әсем ырғақты сазгер» деген тақырыпта әдеби-әуезді кеш өтті.

Кешке зиялы қауым өкілдері, жоғары оқу орнының студенттері, «Шабыт» клубы мүшелері және кітапханашылар қауымы қатысты. Онда Әсет Найманбаевтың өнерге әкелген жаңалықтары мен қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге атсалысуы, әдебиет тарихындағы орны, өлеңдерінің ерекшелігі жайлы кеңінен сөз болды.

Әсет Найманбайұлының рухына арналған бұл кеште ақынның Ырысжанмен айтысынан үзінді көрсетілді. Суырып-салма ақын, әнші-сазгер Әсет Найманбайұлының туғанына 150 жыл толуына орай ұйымдастырылған кештің мақсаты – өнерді дәріптеу. Шарада «Ән салсаң, Әсеттей сал әсемдетіп» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда ақын жайлы кітаптар, өнерпаздың өмір жолы жайлы жазбалар қойылды. Кеш барысында Әсеттің болмысын ашатын бейнесюжет көрсетілді. Онда өнерпаздың өмір жолы, шығармашылығы кеңінен таныстырылды. Шараға қатысушылар ән әлемінде елтіді. Әсет поэзиясына саяхат жасалды. Оны «Шабыт» қызығушылар клубының мүшелері ұйымдастырды. Әншілер Абылай Қармысов, Арафат Искаковтардың ән шашуы әдеби кештің көрігін қыздырды.

Шараны ұйымдастырушылардың алға қойған мақсаты – жастардың поэзияға, әнге деген сүйіспеншілігін арттыру. Әдеби кеште Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Өкітай Ахметов сөйлеп, Әсеттің өмірі, республика көлемінде әншіге қойылған ескерткіштер, мұражайлар, ондағы жәдігерлер туралы айтты.

Кеш соңында Сәкен Сейфуллин атындағы кітапхана директорының орынбасары Бақтылы Баймолдақызы қорытынды сөз сөйлеп, ақынын ардақтаған ағайынға алғысын білдіріп, келгендерге кітап тарту етті.

Жайдақбұлақтағы жаңа мешіт

Тау құшағындағы ырысы мен берекесі, бірлігі мен тірлігі жарасқан Райымбек ауданындағы Жайдақбұлақ ауылының ел-жұрты қуанышқа кенелді. Жүз адамдық жаңа мешіт ауылдың ажарын ашып, сәнін кіргізді. Бір күн бұрын мұндағы қауым алғаш рет азанның дауысынан оянып, ерекше қуанышқа, ғажайып сезімге бөленіпті. Тамаша дүние ғой?! Осынау Алланың жердегі ақ үйі жергілікті халықты берекеге кенелтіп, жақсылықтарын молайта бергей.

Мешіттің ашылу салтанатында сөз алған қадірменді қария, Алматы облысының, Панфилов, Райымбек аудандарының Құрметті азаматы Сүлеймен Көшкінов:

– Біздің өсіп-өнген Жайдақбұлақ ауылымыз аман болсын! Бір шаруашылықтың бөлімшесі болған осы ауылдың құрылғанына, міне, 64 жыл болды. Бізді «осында жастар тұрақтанса, жаңа үйлер салынса, жас жұбайлар көбейсе» деген ой алға жетелейді, алаңдатады. Енді жаңа мектеп салынса деген ниет бар, – деп ашылу салтанатына жиналған көпшілікті құттықтады. *– Алдағы жылдары осы өңірден демалыс үйлері салынып, туризм дами бастаса, «Шіркін, Жайдақбұлақтың қымызын-ай?!» дейтіндей, шырайлы ел, шұрайлы жердің қымызының дәмі мен бағасы артатын болады. Көп жұрт жұмыспен қамтылады. Біздің мақсатымыз – ауылымызды өркендету, көсегесін көгерту.*

Мешіттің салынуына бірден-бір мүдделі болған, ел мен жердің жайын ойлаған, аздаған кем-кетікті қамдап жүрген осындай жанашыр, ақылман, көреген қарттардан айналайық! Ойы қандай, сөзі қандай десеңші?! Абыз ақсақал жаңа мешіт имамы Бақтияр Нұрданға ай сайын еңбекақы төлеп тұруға ниетті екендігін жасырған жоқ.

Шағын ауылдың шаттығына орай өткізілген салтанатты шарада Жалаңаш округінің әкімі Тойғанбек Икимбаев, Райымбек аудандық әулие абыз Әлмерек баба мешітінің найб имамы Нұрбол Артықбаев, ауылдағы ақсақалдар алқасының төрағасы Әкімқожа Әліқұлов, ауыл жастары атынан Бек Құрманбеков сөз алып, құтты болсын айтты. Мешіт құрылысына атсалысқан Ақынқожа Әліқұлов, Нұрлан Қасымбаев, Есенжол Жусанбеков, Ақынғожа Әміреев, Бақыт Алжанбаев, Ершат Бірімбайұлы, Думан Сыдықов, Бейбіт Райысов, Бек Мәсетбайұлы, Есболат Өтегенов секілді көптеген жастардың атына орнымен алғыс айтылды.

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЕРЛІКТЕРІ ЕЛ ЕСІНДЕ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлық, баба мұрасы, ата аманаты. Оған қол жеткізу оңай емес, сақтап қалу одан да қиын. Берекесі берік, ынтымағы мығым халық қана ерлігінің туын жықпайды. Оған қол жеткізу үшін қазақ топырағында талай көтеріліс пен дүмпулер өтті. Соңғы әрі шешушісі – Желтоқсан оқиғасы. Сол мезетте алаңнан табылып, ұлт үшін басын бәйгеге тіккен перзенттерді Талдықорған қаласының әкімі Бағдат ҚАРАСАЕВ қабылдап, марапаттады.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Отыз бір жыл бұрын жүздері жалын атқан қайратты да қайсар ұл-қыздар Желтоқсанның ызғырық желіне қарсы тұрды. Жалаңаяқпен қар кешіп, мұз басып қаһармандық танытты. Олардың әрқайсысының тәуелсіздікке қосқан үлесі өлшеусіз. Сондықтан да оларға қандай марапат, қандай құрмет болмасын лайықты. Ерліктерін ұрпақ санасына сіңіріп, Отан атты ұғымның қаншалықты құнды екендігін ұғындыру бізге борыш. Бүгінде Талдықорған қалсында Желтоқсан оқиғасында алаңнан табылған 27 жан тұрады. Талдықорған қаласының әкімдігінде өткен жиынға 25-і қатысып, мереке қарсаңында марапатталды. Жүрекжарды лебізін білдірген Бағдат Қарасаев:

– Тәуелсіздік күні – мемлекеттіміздегі ең үлкен мерекелердің бірі. Бейбіт күнде өмір кешіп жүргеніміз соның арқасы. Ал сол тәуелсіздікке қол жеткізу жолында тер төккен сіздерге алғыс айтамыз. Сіздер сияқты азаматтар ел боламыз, тіліміздің, діліміздің сақтаймыз деп алаңнан табылды. Қаншамасы қайтыс болды, түрмеге қамалды, оқудан шығып қалды, болашағына нұқсан келді. Сол ерлікті ұрпаққа үлгі қылып айтамыз. Сіздерді шын жүректен құттықтаймын, отбасыларыңыздан береке кетпесін, – деді.

Бағдат Әбілмәжінұлы облыс орталығы ретінде қарыштап дамып келе жатқан Талдықорған қаласының әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалына тоқталды. Жаңадан ашылып жатқан нысандарды тілге тиек етіп, жастарға жасалып жатқан жағдайды жеткізді. Және де болашақта атқарылар жұмыстармен таныстырып, жоспарларымен бөлісті. Әрмен қарай сөз алған «Жетісулық желтоқсандықтар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ермұхан Жүнісхан:

– Біз тәуелсіздіктің қадірін өте жақсы түсінеміз. Еліміздің мәңгі болуы үшін аянбай еңбек етеміз. «Мемлекет бізге не береді емес, біз мемлекетке не береміз?» деп күн кешудеміз. Қазіргі кезде көптеген белестерді бағындырдық. Әлем танитын елге айналдық. Көшбасшымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ықпалымен халықтың жағдайы жақсарып келеді, – деп кездесуге шақырып, құрмет көрсетіп жатқан басшыларға алғыс айтты.

Жиын барысында «Мүгедек балалар» ҚБ-нің төрайымы Ғания Чукаева және республикалық «Желтоқсан ақиқаты» ҚБ-нің мүшесі Ләззат Жапашева ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті. Желтоқсан оқиғасына қатысқандарға Алғыс хат табыстталып, ақшалай сый-сияпат жасалды. Кездесу соңында барлығы естелік суретке түсіп, тебіреністі көңіл-күймен тарқасты.

Баспасөз – 2018 ● Баспасөз – 2018

Қазақ баспасөзінің қасиетті қара шаңырағының бірі – облыстық «Жетісу» газетінің жарыққа шыға бастағанына алдағы жылдың маусым айында 100 жыл толады. Алаш арыстарының қолдауымен жарыққа шығып, ұлт көсемдерінің қолтаңбасы қалған ата басылымға жазылу науқаны басталды. Негізгі бағыты қоғамдық-саяси болғанымен тарихымыздан сыр шертіп, мәдениетіміз бен әдебиетімізді әспеттеп, дәстүрімізді дәріптеп, ұлттық дәстүрімізді ұлықтайтын басылыммен ғасыр тойдың төріне бірге шығайық. Жүз жасаған «Жетісуға» жазылуды ұмытпаңыз, ардақты оқырман!

«Жетісу» газетіне 2018 жылға жазылу жүріп жатыр



«Жетісудың» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Жалпы жазылу:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	4644,72	4954,32	9289,44	9908,64
ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	**35469**	3020,40	3330,00	6040,80	6660,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3155,04	3464,64	6310,08	6929,28
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3291,84	3601,44	6583,68	7202,88

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3600	7200
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	2000	4000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2100	4200
4.	Жалпы жеке жазылу	2300	4600

Электронды форматтағы жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3300	6600
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	1650	3300
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1750	3500
4.	Жалпы жеке жазылу	1850	3700

СЕЛЕКТОР

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Үкімет үйінде ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ басшылығымен Үкімет отырысы өтті. Онда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының атқарылу барысы сөз болып, қаржы жүйесін цифрландырудың жолдары түсіндірілді, сонымен қатар, Астана халықаралық қаржы орталығын құруға қатысты мәселелер көтерілді. Селекторлық жиналысты облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ пен облыстық мекеме басшылары онлайн режимінде тыңдады.

Жетісу
Қажет АНДАС

Алдымен Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы 2018 – 2022 жылдарға арналғанын және ол еліміздің алдыңғы қатарлы салаларын технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін беретінін, еңбек өнімділігінің ұзақ мерзімді әрі ауқымды дамуына жағдай жасайтынын атап өтті. Осы барыста министр бес бағыт бойынша 17 бастама мен 120 іс-шара ұйымдастырылып, 12 мақсатты индикатор ұсынылатынын жеткізді.

Демек, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының берері көп. Басқасын айтпағанның өзінде алдын ала есептеу бойынша, 2025 жылға қарай экономиканы цифрландырудың тікелей әсері 1,7–2,2 трлн. теңгеге қосымша құнды құруға мүмкіндік береді, бұл жеке инвестициялардың қайтарымын 4,8-6,4 есеге қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, «Зерде» ҰБХ басқарма төрағасы Руслан Еңсебаев, сарапшы Сергей Перапечка сөз сөйлеп, тақырыпқа қатысты Премьер-Министрдің орынбасары Асқар Жұмағалиев түсініктеме беріп, министрдің айтқандарын дәлелдей түсті.

Отырыста Астана халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов атқарылған жұмыс барысын таныстырды. Оның айтуынша, қараша айында Халықаралық қаржы орталығының биржасы тіркелді. Биржа келесі жылдың басынан бастап сауда жүргізуге дайын. Осы ретте Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов Қазақстанның қор нарығын дамытуға жәрдемдесу мақсатында келесі жылдың бірінші тоқсанында АХҚО биржасына мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және орналастыру көзделгенін жеткізді.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

САМҒАУ

Сұлудың сәукелесіндей көзге бірден оттай басылатын Салтанат сарайында бас қосқан ақпарат саңлақтарының көңілі көкте. Бүгінгі мерекені көптен күткені сонша көздерінде көктем ойнап жүргендей. Сәлден кейін өңір басшысының өзі марапаттамақ. Айтқанымыздай-ақ облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ келе салысымен кештің көркін қыздыра түсті.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Салтанат сарайындағы САЛТАНАТ

Жетісу
Мұхтар КҮМІСБЕК

– Құрметті ағайын, сіздерге айтар жақсы жаңалығым бар. Жаңа ғана Елбасымыз хабарласты. Бәріңізге ыстық сәлемін жолдап жатыр, – деп қуанышымен бөлісіп, сөзін іле жалғады.

– Облысымызда атқарылып жатқан игі істерге ел Президенті оң бағасын берді. Қаламыздың күннен-күнге көркейіп келе жатқанын жақсылыққа жорыды. Түптеп келгенде мұның бәрі сіздердің арқаларыңыз. Өңіріміздегі елеулі оқиғалармен елжұртқа құлағдар етіп, ақпарат айдынында қанаттарыңызды кеңге салып келесіздер. Бүгінгі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын, – деген Амандық Ғаббасұлы Мемлекет басшысының жерлесіміз, тұңғыш Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіровке «Еңбек Ері» атағын бергенін айтып, жетістіктерді бір желпінтіп тастады.

Одан кейін ортаға шығып, өзінің тікелей қолдауымен ұйымдастырылған «Самғау» журналистер премиясының жеңімпаздарын марапаттады. Айта кетейік, дәстүрлі түрде өтетін облыс әкімінің жүлдесі бұл жолы «Самғау» деген атпен алғаш рет ұйымдастырылды. БАҚ өкілдері жыл басынан бері «Рухани жаңғыру» мақаласының аясында жарық көрген жүйелі жұмыстарын ұсынған. Ал қырағы қазылар алқасы үміткерлердің жұмыс істеу тәжірибесі мен материалдардың маңыздылығын және оны ұсыну тәсілін назарға алды. Жеті аталым бойынша бәйгеге түскен жүзге тарта ақпарат өкілдерінің ішінен жиырма бірі ғана жеңіс тұғырынан көрінді.

Арнайы сыйлықтар табысталып біткен соң, алдымен «Рухани жаңғыру тақырыбындағы шеберлігі» номинация бойынша жеңіске жеткен «Жетісу» газетінің редакция меңгерушісі Қуаныш Тұңғатарға сөз берілді.

– Рухани жаңғыру бұл киелі орындарға тағзым етумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге ол халықтың ең бастысы жастардың отаншылдық рухын оятып отыр. Құрметті Амандық Ғаббасұлы, бұл тұрғысынан сіз өзіңіздің қолтаңбаңызды қалдырып отырсыз. Осылай журналистермен қоян-қолтық араласа отырып, іс-әрекетіңізді насихаттап, көздеген мақсатыңызға жетуіңізді тілеймін – деді ол.

Жетісу топырағының түлегі, танымал журналист Нұртілеу Иманғали жетісулық жас журналистердің қаламдары қарымды, жазғандары жалынды екенін тілге тиек етті. «Жетісу» телеарнасының бас директоры Бейсен Құранбек болса, өңірімізге республикамыздың түкпір-түкпірінен жас дарындар ағылып келіп жатқаны мақтанышпен жеткізді.

Соның бірі республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің журналисі Алмас Нүсіп. Ол өз сөзінде:

– Желтоқсан айы жарқын сәттерге толы. Әлеуметтік желіде достарым өзінің жеңістерін жарыса жариялауда. Бізге де осындай мүмкіндік туғызғаныңызға көп рахмет. Әріптестер алдағы уақытта бұдан да зор марапатқа ие болыңыздар – деді шынайы ризашылығын білдіріп.

Одан әрі сөз тізгінін газетіміздің бас редакторы Әміре Әрін алды.

– Осы сайыста топ жарған таланттардың басым бөлігі «Жетісу» газетінен қанаттанғандар. Өздеріңіз көріп отырсыздар. Жер жаннаты мықты мамандардың ұстаханасына айналуда. Бүгін Елбасының өзі сізге хабарласып, құттықтап жатыр. Елмен бірге, бізбен бірге мұзарттарды бағындыра беріңіз, – деді Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

Кім нені жақсы білсе соны әдемі жазатыны белгілі. Тұғырдан көрінгендерді атап өтетін болсақ. «Рухани қазына тақырыбын ашу» номинациясы бойынша «Жетісу» телеарнасының журналисі Зухра Жақыпбаева жеңіске жетті. Бұл биіктен үздік репортаж жүргізген 31-арнаның тележурналисі Самал Қабышова, үздік бейне-материал аталымы бойынша «Хабар» телеарнасынан Самат Оразадинев, үздік фото-репортаж жасаған «Талдықорған» газетінен Айдын Нұржанов, үздік пост жазған Ажар Ботабаева жеңімпаздар тізімінен көрінді.

Білу бар да, айту бар. Бұқараның бөтегесінде бүгіп жатқан қилы-қырлы сырларын мінбедегілерге жеткізуді мақсат еткен БАҚ өкілдерінің еңбегі ерен. Әлемдік өркениет көшіне қосылған ел ретінде дүние дидарындағы қым-қиғаш құбылыстарға пікір қосып, пайым илеуінен өткізетін жансебіл жандардың жетістіктері мұнымен шектеліп қалмақ емес. Келесі жылы да ойға сүйек, тілге тиек болатын мезгілді мәселелердің томағасын ағытатынына сенімдімін. Жақсылықтың жаршысы болуды жазсын!

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАҢА КӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Тәуелсіздік мерекесіне орай денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне 51 жаңа медициналық «Жедел жәрдем» автокөлігінің кілтін табыстады.

Жетісу
Айдар ҚАЛИЕВ

Салтанатты шарада сөз алған өңір басшысы:

– Осы жыл қорытындысы облысымыз үшін табысты болып отыр. Көрсеткіштер де өте жақсы. Жаңадан мектептер ашылып, жолдар мен су құбырлары жөнделіп, ауылшаруашылығы дамып келеді. Сіздердің арқаларыңызда облысымызда демография да қарыштап дамуда. Жыл сайын 50-55 мың нәрестеге дүние есігін ашады. Тіпті, Қаскелеңдегі ауруханада сәбилердің көптеп дүниеге келуінен дәрігерлердің жұмысы қарбалас болып тұр. Бұл үлкен қуаныш! Осыған орай келесі жылы Ұзынағаштан жаңа емхана салынады. Биыл мектеп табалдырығын 49 мыңға жуық оқушы аттаған. Соның барлығы сіздердің еңбектеріңіз. Осыған орай жаңа техникамен қамтамасыз етіп жатырмыз. Келесі жылдан бастап облысымызда заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған ауруханалар мен емханалар салынады. Осындай қуаныштар көп болып, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын, – деп ізгі тілегін білдіріп әр өңірлер мен қалаларға медициналық «Жедел жәрдем» автокөліктерінің кілтін табыстады.

Осыдан кейін Талдықорғандағы №2 аурухананың кардиолог дәрігері Қымбат Қуанышқызы сөз алып: «Бүгін ақхалатты абзал жандар үшін қуанышты күн. Құрметті Амандық Ғаббасұлы, халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында «Жедел жәрдем» көліктерін тапсырғаныңыз үшін медицина қызметкерлері атынан алғысымды білдіремін!» – деп ізгі тілегін білдірді.

Жиын соңында шараға жиналған қауым «Адам жанының арашасы» деп құрметтейтін ақжеленді абзал жандардың еңбектері елене берсін деп ақ тілектерін ақтарды.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ЛЕБІЗ

ӘР ШАҢЫРАҚҚА БАҚЫТ ТІЛЕЙМІЗ

Құрметті жетісулықтар!

Біздің еліміз өз тәуелсіздігінің жиырма алты жылы ішінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен аз ғана уақыт аралығында әлемдік экономика мен саясатта өзінің айтулы орны бар қуатты, беделді де белді мемлекеттердің біріне айналды. Тәуелсіз Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалдағы өсу мен өркендеуге, табысты экономикалық даму қарқынына қол жеткізді. Қазіргі уақытта Қазақстан жаһандық түрлі байланыстарға қосылған өзінің ұлттық экономикасы бар және ұлттардың әлемдік отбасының толыққанды қатысушысына айналған мемлекет ретінде танылып отыр.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерді иемденіп, болашақта ұлттың табысты болуының негізгі қағидаттарын алға тартты. Қазақстандықтардың бәсекелік қабілеттерін арттыру мақсатында Елбасы компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты алға тартып отырған факторлары біздің қоғамның берік ұстанымына айналды. Осы орайда барлық қазақстандықтармен бірге Алматы облысының халқы да Елбасының қойып отырған міндеттерін жүзеге асыруда белсенділік танытып, жаһандық дағдарыс жағдайында өңірді одан әрі өркендетудің бағдарламаларын орындауға ұйымшылдықпен жұмылып келеді. Қол жеткізген жетістіктері де атап айтарлықтай.

Барлық жетісулықтарды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймыз. Табысқа жету үшін елдің бірлігі мен ынтымағын сақтап, ортақ мүдде жолындағы күш-жігерімізді жұмылдыра отырып, ел тәуелсіздігін одан әрі нығайта берейік. Әр шаңырақтың ырысты да ынтымақшыл, бақытты да дәулетті болуын тілейміз.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Аңсар МҰСАХАНОВ, Нұрлан ҚЫЛЫШБАЕВ.

СҮЙІНШІ!

Екінші мәрте лауреат атанды



ҚР Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының бас ғылыми кеңесшісі, медицина ғылымының докторы, профессор Ертай Сәрсебеков Елбасының 28 қарашадағы Жарлығымен ғылым мен техника саласында белгіленген әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды. Ертай Қожахметұлы 2005 жылы да ҚР Үкіметінің қаулысымен «Нарықтық жағдайларда жаңа тиімділігі жоғары технологияларды әзірлеу және жетілдіру модулі» атты ғылыми жұмысы үшін Мемлекеттік сыйлыққа ие болған.

Екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанған жерлесіміз жазиралы Жаркент өңірінің тумасы. Талантты ғалым Ертай Сәрсебековтің жетістігі барша Жетісу жұртының қуанышы. Ол 1951 жылы 9 тамызда Жаркент өңіріндегі қасиетті Шежін ауылында дүниеге келген.

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының (В. Бенберин, Е. Сәрсебеков, Ә. Әхетов, Г. Танбаева) және Назарбаев университетінің Өмір туралы ғылымдар орталығының (Ж. Жұмаділов, А. Гуляев, Т. Нұрғожин, А. Кушугулова) ұжымы көп жылдар бойы жүргізілген терең ғылыми зерттеулердің негізінде дүниежүзінде алғашқы рет өмірдің белсенді кезеңінің және сапалы ұзақ өмір сүрудің жаңа Парадигмасын негіздеді, қалыптастырды.

Авторлардың кешенді ғылыми зерттеулері нәтижесінде қартаюға қарсы медицинаның іргелі негіздері мен теорияларын мақсатты тереңдетілген зерделеуге негізделген геномдық және метагеномдық аспектілер алғаш рет анықталды. Метаболизм синдромының генетикалық детерминанттары белгіленді және оның бірінші рет орындалған масштабты эпидемиологиялық және метагеномдық зерттеулердің негізінде жаңа биомаркерлері анықталды. Солардың негізінде тек қазақстандықтарға ғана тән метаболизм синдромының нақтыланған және генетикалық сипатталған эпидемиологиялық «портреті» алынды және метаболизм синдромының қазақстандықтар ағзасының қартаю процесінде байқалу белгілерін азайту үшін әсер ететін ықтимал бағыттары анықталды. Аталған зерттеулер Орталық Азияда тұңғыш рет орындалды.

Авторлар алғаш рет жүрек бұлшық етіндегі және оның артерияларындағы көптамырлы зақымданулардың тіндік бұзушылықтарының метаболизмдік кардиоваскулярлы көрінісінде этиопатогенетикалық факторлары мен клиникалық-зертханалық сипаттамаларын тапты.

Ұзақ өмір сүрудің қырсырын зерттеген, тиімді жолдарын тапқан бұл еңбектің денсаулық сақтаудағы маңызы зор.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ.
Панфилов ауданы.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТІКТЕ

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ төрағалығымен ҚР Үкіметі жанындағы Құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі Ведомстволараалық комиссияның селекторлық тәртіптегі отырысы өтті. Жиынға өңір басшысы Амандық БАТАЛОВ, облыстық ішкі істер департаментінің бастығы Мұрат ҰРҰМХАНОВ және аудан, қала әкімдері мен құқық қорғау саласының мамандары қатысты.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Отырыс барысында құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі өңірлік Ведомстволаралық комиссия (ВАК) жұмысының нәтижелері талқыланды және оның 2018 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасы мақұлданды. Ескере кететіні, «Құқықбұзушылықтардың алдын алу туралы» Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдар жанынан құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі Ведомстволаралық комиссиялар құрылды және жұмыс жасайды, олардың төрағалары облыс және аудан (қала) деңгейіндегі әкімдер болып табылады. ВАК жұмысшы органы – ҚР ІІМ.

ІІМ бастамасымен ведомстволаралық жұмыс тобы құрылды (құрамында ҚР ІІМ, ҰЭМ, ДСМ және ЕХӘҚМ өкілдері бар), ол Қостанай, Қызылорда және Алматы облыстарының өңірлік ВАК жұмысының тиімділігін тексерді. Жеке өңірлік комиссиялардың қызметін «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын іске асыру сапасын тексеру бойынша ҚР Президенті Әкімшілігі жанынан құрылған жұмыс тобы тексерді. Әр өңірде комиссия құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, мәслихат депутаттары, ал 2016 жылдан бастап жергілікті полиция қызметінің басшылары да енді.

Комиссия жұмысының 2018 жылға арналған жұмыс жоспар жобасы мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың құқықбұзушылықтардың алдын алудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыруы мәселелерінен, сондай-ақ, маскүнемдік, нашақорлықтың алдын алу бойынша жұмыстан және құқықбұзушылықтардың алдын алу субъектілерімен жұмысты одан әрі жетілдіруден тұрады.

Отырыста әр облыс әкімдері баяндама оқып, атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды. Өз сөзінде Амандық Ғаббасұлы өңірдегі құқықбұзушылық пен заңбұзушылықтың алдын алу мақсатында аудан, қалаларда бейне бақылау құралдары орнатылып жатқандығын айтты. Сондай-ақ, қазіргі уақытта баспанасымен бірге қамтылған полиция учаскелерінің көптеп ашылуын тілге тиек етіп, мектеп инспекторларының қызметіне үлкен мән берді. Әсіресе, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алуды тыныштық сақшыларына қатаң тапсырды.

СЕССИЯ

ЕКІ ЖЫЛДЫҢ БЮДЖЕТІ БЕКІТІЛДІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қатысуымен кезекті сессия өтті. Облыстық мәслихат депутаттары 2018 – 2020 жылдарға арналған бюджет есебін нақтылап, әлеуметтік-экономикалық дамуға бөлінген қаржы көлемін бекітті. Сондай-ақ, облыстағы көшіқон процестерін реттеу қағидаттарын бекіту және облыс аумағында жануарларды асырау қағидаларын бекіту туралы облыстық мәслихаттың шешімі қабылданып, алдағы жұмыс бағыты айқындалды. Жиынға облыстық басқарма басшылары, аудан және қала әкімдері қатысты. Жиналыс басталмас бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мереке қарсаңында жетісулықтарға жолдаған сәлемін жеткізген облыс әкімі облыстық денсаулық сақтау басқармасының жаңа басшысы Бауыржан ЫСҚАҚ пен облыстық мәслихат депутаты болып жаңадан сайланған Әлібек Сәрсеновті көпшілікке таныстырып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Жетісу
Қажет АНДАС

Әсіресе, елді мекендерді газдандыруға барынша көңіл бөлінеді. Осы тұрғыдан келгенде, бүгінде 11 ауданды газдандыру жұмысы жүріп жатыр. Алдағы уақытта осы жұмыстар жүйелене түспек. Айта кетерлігі, биылғы


Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Алдағы екі жылға бөлінген қаржының бұрынғы бюджеттің көлемімен салыстырғанда артықшылығы көп. Бұл жайында облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әлімханов айтты. Оның айтуынша, Алматы облысының меншікті кірістері бойынша 2018 жылға арналған бюджеті 160,6 млрд. теңге сомасында анықталды. 2018 жылға 164,6 млрд. теңге, 2020 жылға 175,3 млрд. теңге болып белгіленді. Ал екі жылға анықталған субвенция 309,7 миллиард теңгені құрайды. Алдағы екі жылда облыс бюджетінің шығындарына 1074,7 млрд. теңге жұмсау қарастырылған. Сессияда бюджет қаражаты жұмсалатын негізгі салалар аталып, қаралған қаржы көлемі нақтыланды.

Келер жылы облыстағы аудан мен қалаларға қомақты қаржы құйылады. Оның ішінде облыс орталығы Талдықорған қаласына көбірек бөлінсе, қалғаны аудандардың инфрақұрылымын дамытуға бағытталмақ.

– Бөлінген қаржының бір тиынынан да шашау шықпайды, – деді облыс әкімі. – Бюджет – біздің өміріміз. Бүгін бекітілген қаржы жыл бойына атқаратын жұмысымыздың жемісіне айналады. Біз бюджеттің қаражатын бос нәрсеге жұмсаған жоқпыз. Бәрі ел игілігі үшін жұмсалады. Бір ғана ақпарат айтайын, дәл біздің облыс сияқты ауыл мен аудандардың арасын жалғаған жолдарға көңіл бөліп отырған өңірлер жоқтың қасы. Біз жыл сайын облыстың ішкі жолдарына қыруар қаржы бөлеміз. Мұндай көрсеткіш өзге ешбір облыста жоқ.

Расында, облыс және ауданаралық маңызы бар автомобиль жолдарының, елді мекендер көшелерінің сапасын жақсарту үшін екі жылға 64,4 млрд. теңге қаржы көзделуде. Оның 22,2 млрд. теңгесі келер жылы игеріледі. Соның ішінде, жергілікті маңызы бар жолдарды айтпағанда, Талдықорған – Өскемен күрежолының құрылысы мен Алматы – Бішкек жолының Алтын орда базары маңындағы жол құрылысы қаңтар айынан басталады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қомақты қаржы қарастырылып, жаңа бағдарламаның өміршеңдігін арттыруға жол ашылмақ.

Сессия барысында облыстық мәслихат депутаты Ызғарбек Бектұрсынов өңірлердегі су шаруашылығын дамыту арқылы суармалы жерлерді пайдалану көлемін ұлғайту және ауылшаруашылығына берілетін демеуқаржыны жергілікті биліктің құзырына өткізу туралы ұсынысын білдірді. Осыған орай жауап берген облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров өңірімізде су шаруашылығы саласы бойынша атқарылып жатқан жетістіктерді айтып өтсе, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әлімханов демеуқаржы Ауылшаруашылық министрлігінің тапсырмасына сай облыстық ауылшаруашылық басқармасының құзыретіне жүктелгенін алға тартып, бұл мәселені аталған министрлік шешетінін жеткізді. Облыс әкімі суландыру жүйесін жетілдіру мақсатында жыл сайын 2 млрд. теңге қаржы бөлініп келгенін алға тартып, айтылған ұсыныстыны назарға алуды тиісті мекемелерге тапсырды.

Әкімнің айтуынша, республикалық және облыстық бюджет қаржысының тепе-теңдігі тек Алматы облысында сақталып отыр. Республикадан қандай көлемде қаражат бөлінсе, облыс та сондай мөлшерде ақша беруге қауқарлы. Тек сол игілікті істі жауапкершілікпен атқара білу қажет. Амандық Ғаббасұлы әрбір әкім өз өңірі үшін инвестиция тартуға мүдделі екенін айтты. Қазақстан сонда ғана дамыған елдердің қатарына қосылады. Сондықтан, облыс әкімі сессия соңында аудан және қала әкімдеріне, басқарма басшыларына өз саласын жетік меңгеруді, бюджет қаржысын дұрыс мақсатта игеруді, әрбір тиынға дейін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Жетісу 1918–2017

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Облыстық әкімдікте облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовтың төрағалығымен әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық үшжақты комиссияның отырысы өтті. Онда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Зайда Ілімжанова, «Алматы облысының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Әсет Қыдырманов, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Нариман Әбілшайықовтар баяндама жасап, атқарылған жұмыс жағдайымен таныстырды.

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Жетісу

Қажет АНДАС

Алдымен сөз алған Зайда Әбдімананқызы облыстың әлеуметтік жағдайын баяндады. Оның айтуынша, экономиканың нақты секторы бойынша өнеркәсіпте 680,0 млрд. теңге, тау-кен өндірісінде 11 млрд. теңге, өңдеу өнеркәсібінде 576,2 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Электрмен жабдықтау, газ беру, шағын кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы да көңіл көншітеді. «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында ауыл азаматтарының өз ісін ашу немесе кеңейтулеріне қолдау көрсетіліп, шағын несиелер беріле бастапты. Осы жылдары облысымыздың 3895 адамына 9,9 млрд. теңге көлемінде шағын несие беріліп, 630 жұмыс орны құрылған. Осыған сай тұрғындардың еңбек өнімділігі, жалақысы, табысы мен өмір сүру деңгейі өскен. Аз қамтылған азаматтарға және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әртүрлі әлеуметтік көмектер көрсетілген. Мүгедектерді оңалту, еңбек қауіпсіздігі, жұмыстан босатылған азаматтарды жұмысқа орналастыру, өндірістік процестерді тұрақтандыру, қызметкерлердің еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету, тағы да басқа мәселелер толық шешімін тапқан.

Әлеуметтік салада атқарылған жұмыстарды ары қарай өрістеткен облыстық кәсіподақтар орталығы мен облыстық кәсіпкерлер палатасының да жетістігі көңіл қуантады. Соның ішінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін ұжымдық шарттардың дайындалуы мен орындалуы жаңа форматта жүргізіле бастады. Қазіргі таңда Алматы облыстық кәсіподақтар орталығына 14 салалық, 1118 бастауыш кәсіподақ ұйымы кіріп отыр. Айта кетерлігі, орталыққа кірген кәсіподақ ұйымдарымен ұжымдық келісімшарттар жасалған. Ал облыстық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау бағыты бойынша 5 846 кәсіпкерге 7 209 қызмет көрсеткен, бұл жоспарланған 3 462 қызметтің 168,9 % құрайды. Жалпы сомасы 5 млрд. теңгеден астам 432 бизнес жоспар, 217,1 млн. теңгені құрайтын 68 жоба қаржыландырылыпты. Сондай-ақ, «Бизнес мектеп», «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы, «Бизнес өсу», «Іскерлік байланыс», «Аға сеньорлар», «Бастау бизнес» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар жеткілікті.

Үшжақты келісім аясында атқарылған жұмыстарды саралаған облыс әкімінің бірінші орынбасары алдағы уақытта да жұмысты жүйелі істеп, әлеуметтік әріптестік жөніндегі үшжақты комиссияның теңдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, саладағы өзекті мәселелерді жүйелі шешуге ықпал етуді тапсырды.

ЖАЙДАРМАН

Тәуелсіздік күніне орай аудан орталығының батыс жағындағы жаңа құрылыс ауданында он бес үй пайдалануға берілді. Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында сөз болған «Туған жер» жобасы аясында ел игілігіне берілген үйлер.

Күреңбелдегі қос қуаныш

Шарада алдымен сөз алған аудан әкімі Бағдат ӘЛИЕВ:

– *Қымбатты жерлестер, ардақты бауырларым, «қанатсыз құс, армансыз адам болмайды» дегендей, бізде арман да, ой да көп. Сондықтан, үй салуға жағдай болса, ауданның үйсіз жүрген тұрғындарының бәрін баспанамен қамтуға тырысамыз. Бүгін, міне, сондай бір қуанышқа куә болып отырмыз. Мұндай ілкімді істер алдағы уақытта да ретімен жалғасатын болады. Жаңа баспаналарыңыз құтты болсын! Ұлық мерекемен құттықтап, ел амандығы мен жұрт тыныштығын тілеген облыс әкімі Амандық Баталовтың сіздерге деген ыстық сәлемін жеткізгім келеді, қабыл алыңыздар. Бүгін, міне, үлкен іс-шараның басында тұрмыз. «Жерде бір бала қуанса, көкте мың перште қуанады» дегендей, жаңа үйге кірген отбасылардың қуанышын көрсек, бізге ол үлкен бақыт болмақ. Кілттерді тапсыруға рұқсат етіңіздер,* – деді.

Бұдан соң Бағдат Байшалұлы мен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Төленді Оспанбайұлы жаңа үйлердің лентасын қиып, көпшілік қуанышымен бөлісті. Шашу шашылып, жаңа қонысқа жақсы тілектер айтылды.

* * *

Ұлт жоспарын негізге ала отырып, республикамыздың түкпір-түкпірінде көптеген игілікті істер жүзеге асырылуда. Осы ретте Шанханай ауылдық округінің орталығында Тәуелсіздік күніне орай малдәрігерлік пунктінің жаңа ғимараты бой көтерді. Салтанатты жиынға мал дәрігерлері, аудандық малдәрігерлік пунктінің мамандары және ауыл тұрғындары қатысты.

«Тәуелсіздіктің жиырма алты жылдығына орай ауданда көптеген қуаныш болып жатыр. Жылдан жылға ауылдардың көркі кіріп, келбеті өзгеріп келеді. Елге тигізер пайдасы мол жақсы үрдістер алдағы кезде де жалғасатын болады. Келесі жылы да орындалуы тиіс шаруалар аз емес», – деген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Төленді Сарыбаев, ауыл тұрғыны, зейнеткер Бақытжан Ұлыбаев жиналғандарды малдәрігерлік пунктінің ашылуы және тәуелсіздік күнімен құттықтап, ақ тілектерін жеткізді.

Сөйтіп, малдәрігерлік пунктінің лентасы қиылып, кілті табысталды. Көпшілік жаңа ғимаратты көріп, ризашылықтарын білдірді. Мал дәрігері Медет Тұралыұлы мен мал дәрігерлік пунктінің фельдшері Жомарт Бақбергенов нысанды аралатып, құрал-жабдықтармен таныстырды. Мал шаруашылығы саласындағы мамандар да өз ойпікірлерімен бөлісе жүріп, «ер ауыл округтерінің орталығынан осындай пункттер ашылса» деген ізгі тілектерін жеткізді.

А. ҚАСЕНОВА.
Кербұлақ ауданы.

МАМАН МІНБЕРІ

Өтіп бара жатқан жылда «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Алматы филиалы екі бірдей мемлекеттік бағдарламаны – Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасы мен Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты. Қор филиалы бюджеттік қаржының және өз қаржысының есебінен жалпы сомасы 4,7 миллиард теңгеден асатын 1400 несие берді.

ҚОЛДАУ НӘТИЖЕСІ ҚОМАҚТЫ

Қор ауыл жобаларын несиелендіру жөніндегі қызметінде басты назарды Елбасымыздың ұсақ тауарлы шаруашылықтарды біріктіру және ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындауға аударып отыр.

Бүгінде Қордың несиелік желісі «Ынтымақ», «Береке», «Игілік», «Ырыс», «Егінжай», «Кәсіпкер», «Қарқынды бағбандықты дамыту» өнімдерінен құрылады. Олар бойынша қарыз сомасы орташа алғанда 4 миллион теңге, қарыз мерзімі – 7 жылға дейін, тиімді сыйақы үстемесі – жылына 6,7%-ға дейін, 2 жылға дейінгі жеңілдік кезеңі қарастырылған.

Қордың несиелендіру бағдарламалары ет, сүт, жеміс-көкөніс өнімдерін және азық дайындау мен сатумен айналысатын кооперативтерді, отбасылық бордақылау алаңдарын, отбасылық тауарлы-сүт фермаларын құру мен дамытуға, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құс сатып алып, өсіруге бағытталынып отыр.

Бүгінде кооперативтер сүт қабылдау және мал сою бекеттеріне қажетті жабдықтарды белсенді түрде сатып алуда. Мәселен, Үйғыр ауданындағы «Чарын» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі модульді сүт қабылдау бекетін жабдықтады.

Кооператив мүшелері оған дейін «Игілік» бағдарламасы бойынша сүтті бағытталған ірі қара сатып алу үшін жеңілдікпен несие алған болатын. Биылғы жылы кооператив «Ынтымақ» бағдарламасы аясында модульді сүт қабылдау бекетін сатып алуға 5 миллион теңге мөлшерінде несие алды. Қазіргі кезде аталған орталық жабдықталып, пайдалануға берілді.

Өтіп бара жатқан жылда Қордың қолдауымен 10 сүт қабылдау бекеті, 9 мал сою бекеті қаржыландырылып, бордақылау үшін 10 мың бастан астам ірі қара, отбасылық сүт фермалары үшін сүтті бағыттағы 3 мың бас ірі қара, 1 сүт тасымалдау көлігі сатып алынды.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру бойынша белсенді жұмыстар басталғалы бері бір жылдан сәл ғана астам уақыт өткенімен қазіргі кезде біріктірілген ұсақ тауарлы шаруашылықтардың қатары әлдеқайда есе өсті. Қордың қатысуымен биылғы жылы Алматы облысында мыңнан астам қосалқы шаруашылықтарды біріктірген 31 кооператив, соның ішінде сүтті бағыттағы 12, етті бағыттағы 19 кооператив құрылды. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін қаржыландыруға 2 миллиард теңгеден астам қаражат бағытталды.

Келесі жылы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен ауыл тұрғындарын қаржыландыру бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады. Одан басқа, кооперацияны дамытуға бағытталған ауылдық жобаларды несиелендіру жөніндегі, сонымен қатар Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясындағы жұмыстар жалғасын табады.

Әмір ҚАМРАНБАЙ,
«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Алматы филиалы директорының орынбасары.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Дала дауылпазы

ЕЛБАСЫНЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» МАҚАЛАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖАНДАНУЫ ҮШІН ОЙТОҒАН АУЫЛДЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЕЛ МҮДДЕСІ» ДЕГЕН ТАҚЫРЫПТА «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ» ӨТКІЗІЛДІ. ОҒАН ОКРУГ ӘКІМІ ТҰРСЫННҰР БІЛІСБЕК ҚАТЫСТЫ.

– Біздің ауыл жыр құлагері Ілияс атамызбен мақтанады. Алда ақынның мерейтойы келе жатыр. Жеткіншектер, Ілиястай дана атамыздың өлеңдерін жаттап, елге таныстыру сендердің еншілерінде. «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе – ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп Ілияс атамыз айтқандай, поэзия құлагерінің есімін жаңғырту біз үшін үлкен мәртебе – деді ауыл әкімі.

Бұдан кейін кітапхана қызметкерлері «Жыр құлагері – Ілияс» деген тақырыптағы кітап көрмесімен таныстырды. Ақынның дарыны, рухани мұрасы жайлы мағлұмат беру мақсатында «Дала жұлдызы – Ілияс Жансүгіров» деген тақырыпта әдеби сағат өткізілді. Бұл шарада Ілиястың өмірімен қоса шығармалары да кеңінен айтылды. Әдеби сағатта қазақ тілінде жарық көрген газет-журнал, ағартушылық-демократтық бағыттағы кітапты құныға оқу – жас ақынның жазба әдебиетін үйренуге, ой өрісінің кеңеюіне, білімінің артуына, саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына ықпал еткендігі әңгіме арқауына айналды. «Дөңгелек үстелде» жастар ісі жөніндегі әдіскер – нұсқаушы Шернияз Нұрланұлы І. Жансүгіровтің «Күй» поэмасынан үзінді оқыды.

І. Жансүгіровтің шығармаларын насихаттау барысында поэзияның құдіреттілігін сезіну, біртуар азаматқа деген құрметті арттыру барысында шығармаларын сурет арқылы бейнелеу мақсатында клуб мүшелерімен «Дала дауылпазы – ұлы суреткер» деген тақырыпта сурет салынды. Оқырмандар І. Жансүгіровтің «Құлагер» және «Күйші» поэмалары, «Ағынды менің Ақсуым», «Жазғытұрым», «Жазғы таң» деген өлеңдеріне сурет салды.

Ұйымдастырушылар кітапханадағы басқосудан кейін оқырмандарды Ілияс атамыздың туған жері Кіндікқоңырға саяхатқа апарды. Мақсат – жас оқырмандарға атамыздың туған өлкесін көрсету.

Саяхат өз деңгейінде өтті. Бұл жерде елді мекеннің болғандығы байқалады. Дәлел – жалғыз тобылғының түбінен құдықтың қазылғандығы. Су бар жерде тіршілік болатыны белгілі. Аспанмен астасып жатқан жазық даланың табиғаты сүйсіндіреді.

Ұлы поэзияның құлагеріне Мағасыл атамыз құран бағыштап, құдық маңына «І. Жансүгіровтің туған жері – Кіндікқоңыр» деген белгі орнатылды.

А. САҒЫМБАЕВА,
кітапханашы.
Ойтоған ауылы,
Ақсу ауданы.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ауданымызда күрделі жөндеу көріп жаңғырған бірқатар нысанның тұсауы кесілді. Сол қатарда облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ тікелей атсалысуымен заманауи сипатта әрленіп, ажарланған Сарқан ауданының тарихи музейі (бұрынғы Черкасск қорғанысы музейі) бар. Желтоқсанның 14-жұлдызы күнгі шуақты шаралар шымылдығын осынау тарихи ғимараттың жаңа сипаттағы тынысына қуә болған көпшілік түрді.

Ұш нысан іске қосылды



Мәдениет үйі.

Салтанатты шараға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбекова арнайы келіп, ауылдықтар қуанышын бөлісті. Сондай-ақ, шарада сөз алған аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғалымжан Маманбаев тарих тоғысқан осынау орынның жас буынды тәрбиелеудегі маңызын атап өтті. Аталмыш музей директоры Екатерина Ракетская, ғылыми қызметкер Төлеухан Битембиев, Петропавловск орта мектебінің директоры Ермек Алинов күрделі жөндеу жұмыстарына қол ұшын созған азаматтарға алғыс білдірді. Дәстүрге сай шашу шашылып, алқызыл лента қиылған соң келушілер жақсыны көрмекке асықты. Күрделі жөндеуге жұмсалған 32 млн. 528 мың теңге ғимараттың еңсесін тіктеп, ажарын айшықтаса, ішкі әрлеу жұмыстарына деген 33 млн. теңгенің қаржысы тарихи орынның тың тынысын ашқандай.

Сол күнгі салтанат ұлт мақтаныштары К. Қазыбаев, М. Арын қатарлы тұлғаларды тудырған Бақалы ауылдық округінде жалғасты. 1997 жылдары өз жұмысын тоқтатып, ұзақ жылдар қаңырап қалған Мәдениет үйін қалпына келтіру ауылдықтардың арманы болатын. Берекесі жарасып, бірлігі ұйыған бақалылықтар мәдениет ошағын ел игілігіне ұсынуды мақсат етіп, мерейлі іске жұдырықтай жұмыла білді. Ғимараттың жобалық-сметалық құжатына қажетті 17 млн. теңгені өз қалталарынан шығарып, алдыға қойылған мақсатқа жетуге болатынын көрсетті. Күрделі жөндеуден өткен көрікті нысан маңын бұл күні бір-біріне құтты, қайырлы болсын айтысқан ағайынның қуанышы көмкерді. Игі шарада аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғалымжан Маманбаев, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбекова, аудандық мәслихат хатшысы Қадыр Абдрахманов ізгі лебіздерін білдірсе, ауыл ақсақалы Мейрамғали Қалиасқаровтың ақ батасымен жиналған жамағат ішке аяқ басты. Нысанның күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 170 млн. 951 мың, құрал-жабдықтар алуға 2 млн. 200 мың теңге бөлінген болатын. Қос қабатты Мәдениет үйіне орналасқан 272 орынды көрермен залы, кітапхана, домбыра, би үйірмелері ауылдың қоғамдық-мәдени өміріне соны серпін берері сөзсіз. Шапағатты іспен шырайланған көпшілік бұдан соң концерт залында бас қосып, құттықтауларға құлақ түрісті. Жиын барысында жерлестерінің қуанышына ортақтасу үшін арнайы келген елімізге белгілі хирург-дәрігер Нұрлан Арынға аудандық мәслихат хатшысы Қадыр Абдрахманов салтанатты жағдайда «Сарқан ауданының Құрметті азаматы» атағын табыстап, ұлт дәстүріне сай шапан жауып құрмет көрсетті. Сондай-ақ, ортақ іске өз үлестерін қосқан жандар да марапат көріп марқайды.

Өңіріміздегі іскер азаматтардың қолға алуымен қатарға қосылған үшінші жекеменшік «Дана» балабақшасы ауданымыздағы бүлдіршіндердің мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылу деңгейін 97,4 пайызға көтерді. Бұны жаңа нысанның ашылу салтанатында жиналған көпшілікке құттықтау лебізін білдірген Сарқан ауданы әкімінің міндетін атқарушы Ғалымжан Маманбаев жеткізді. Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбековтың ақ батасымен нысанға бас сұққан жұрт сәбилер күлкісі көмкерген ғимаратты аралап бүлдіршіндердің өнерлерін тамашалады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде кәсіпкер Ерлан Мұқашев есімді азаматтың іскерлігімен есігін айқара ашқан аталмыш балабақша 50 балаға лайықталып, 20 жанды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Аптасына алты күндік жұмыс тәртібі осынау бөбектер мекенінің өзіндік ерекшелігі деуге болады.

П. ЖЕҢІСХАН.
Сарқан ауданы.

КӨКЕЙКЕСТІ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ауылшаруашылығы өндірісін арттырып, тұрақты дамыту мақсатында экспортқа бағытталған бәсекеге қабілетті өнімдер шығару керек. Десе де, қазір Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін өркендетуде шешімін табуы тиіс мәселелер де бар. Осы ретте ауылшаруашылығы кооперациясын дамыту маңызды міндеттердің бірі саналады.



Қазіргі кезде ұсақ аграрлық бизнес субъектілерін біріктіру мемлекеттік саясаттың өзегі болып табылады. Осы орайда, мемлекет агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік жаңа бағдарламасын қабылдап, «Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығы кооперативтері туралы» Заңын жүзеге асыруда. Аталған құжатта кооперация негізінде ірі тауарлы шаруашылықтарды құруға ерекше көңіл бөлінген. Бұл үшін ауылшаруашылығы кооперативтерін дамытуда, атап айтқанда, отбасылық тауарлы-сүт фермаларын, мал бордақылау алаңдарын, сервистік-дайындау орталығын құру бойынша мемлекеттік қолдау шаралары енгізілуде.

Ауылшаруашылығы кооперациясын дамыту қажеттігін негіздейтін факторларға ұсақ тауарлы ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру, сатып алу жүйесіндегі инфрақұрылымның дамымауы, сақтау, өңдеу және ауылшаруашылығы өнімдерін сату, шаруашылық жүргізудің шағын нысандарындағы қаржылық тұрақсыздық сипаты жатады. Облыста жұмыс істеп тұрған шаруашылық және фермерлік қожалықтар саны 43 мыңнан асады, соның ішінде 77,2 пайызының 50 гектардан аспайтын ауылшаруашылығы алқаптары және 91,2 пайызының 50 гектардан аспайтын егістік жерлері бар.

Ауылшаруашылығы өнімдерінің жалпы құрылымында шаруашылық және фермерлік қожалықтар тек 33,6 пайызды ғана құрайды. Ал жеке қосалқы шаруашылықтардағы жалпы мал шаруашылығы өнімдерінің үлесі 69,0 пайыз. Облыста бір шаруа қожалығына орташа 15,0 гектарға дейін егістік алқабы тиесілі.

Ұсақ тауар өндірушілер бөлшек сауда бағасының 70-75 пайызын иемденіп кететін делдалдарға қарсы тұруға қабілетті емес. Дамыған елдерде делдалдар бөлшек сауда бағасының 25-30 пайызын ғана алады. Есептеу бойынша, өнімдерін делдалсыз өткізу қайта өңдеуші кәсіпорындардың жүктемесін 1,3 есеге арттырады. Ал саудалық үстеме баға делдалдық буындарды қысқарту есебінен 15-20 пайызға төмендейді.

Ауылшаруашылығы жерлері иелерінің жерді тиімсіз пайдаланудың нәтижесінде 7 миллион гектардан аса алқапты құрайтын 18 мыңнан аса жер телімі айналымнан шығарылды. Ауылшаруашылығы машиналары паркін жаңарту қарқынында төмен деңгейде қалып отыр, жылына небәры 3 пайыз. Шаруашылықтардың басым бөлігі физикалық және морльдық тұрғыдан ескірген техникалармен жұмыс істеуге мәжбүр. Ауылшаруашылығына қажет техникалардың көбі шетелдерден сатып алынады. Оны алуға орта деңгейлі ауылшаруашылығы тауарын өндірушілердің қалтасы көтере бермейді. Соған қарамастан фермерлер техникалық қамтамасыз етілу үшін барлық тәуекелге бел буады.

Шаруашылықтар мен фермерлік қожалықтардың проблемалары жетерлік. Ең бастылары: шығынның көптігі және тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағармай, жемшөп сатып алуға қаражаттың жеткіліксіздігі; жеке ауылшаруашылығы техникаларының, құрал-жабдықтар мен көліктің жоқтығы; өндірілген өнімнің кепілді өтімінің және оны нарыққа немесе қайта өңдеу кәсіпорындарына дейін жеткізу мүмкіндігінің болмауы; салынған қаражатты өтемейтін арзан сатып алу бағасы; өндірілген өнім көлемінің, мал басының аздығынан, кепілдікке қоятын мүліктің жоқтығынан мемлекеттік қолдауға (инвестициялық субсидия, жеңілдетілген несие, тағы басқалар) қолжетімсіздік; жаңа аграрлық реформалар, нормативтік актілер, еңбекті ұйымдастыру формалары, өндірістегі прогрессивті технологиялар, мемлекеттік қолдау шаралары жайлы білімнің, бейімнің, ақпараттың жеткіліксіздігі дер едім.

Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығы кооперативтері туралы Заңы қабылданған соң облыста әртүрлі бағытта кооперативтер құрыла бастады. Бұл ауылдағы кооперация үрдісін жандандыруға ықпал етті. Десек те бастапқы кезеңде кооперативтік қозғалысты дамытуға кедергі келтіретін бірқатар проблемалық мәселелер мен қиындықтар пайда болды. Бұған негізінен фермерлердің кооперацияның артықшылықтары туралы жеткіліксіз ақпараттандырылуы, фермерлердің құрылған кооперативтік құрылымдарға деген сенімсіздігі мен енжарлық танытуы, шараларды кооперацияның тиімділігіне сендіретін кәсіби менеджерлердің жоқтығы себеп болды. Мемлекеттік биліктің жергілікті органдары мен фермерлердің, сараптамалық қоғамдастықтың, үкіметтік емес ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың кооперацияны дамыту бойынша бірлесе іс-қимыл жасау жүйесін ұйымдастыруға да жеткілікті көңіл бөлінбей отыр.

Проблемаларды шешу үшін және облыс ауылшаруашылығында кооперация үдерісін шынайы әрі нақты дамыту үшін жаңа қадам жасау керек. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда негізінен ауылшаруашылығы кооперациясын ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етуді дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Ақпараттық-кеңестік қамтамасыз ету ауылшаруашылығы кооперативтерін табысты өркендетудің ең негізгі алғышарттарының бірі болмақ.

Олардың тиімді дамуы үшін фермерлердің, жеке қосалқы шаруашылық иелерінің, ауылдық кәсіпкерлер мен басшылардың, ауылшаруашылығы кооперативтері мамандарының, шағын қаржы ұйымдары мен ауылшаруашылығы кооперативтерінің қызметін қолдау мен реттеуге жауапты жергілікті атқару органдарының біліктіліктерін арттыру қажет. Кооперативтерді ақпараттандыруды қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру аясында кооператив мүшелері және әлеуетті кооператорлар алдын ала сауда көлемі, баға, субсидиялау, салық салу, несие беру шарттары, мемлекеттік аграрлық саясат, тағы басқалар туралы уақытылы әрі сапалы ақпараттандырылуы керек.

Осыған байланысты мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, бизнес-құрылымдардың күш-жігерлерін біріктіру және үкіметтік емес секторды жан-жақты хабардар ету, ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін оқыту, сондай-ақ, облыстағы екі аудан аумағында ақпараттық пилоттық жобалар базасында кооперация жүйесінің барлық элементтерін үйлестіру ұсынылады. Осы жобалар аясында ауданның ауылшаруашылығы кооперациясын дамытуда тұрақты жұмыс істейтін және ауылшаруашылығы бойынша жаңа білім алуға, инновациялық әзірлемелер мен озық технологияларды игеруде ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне жәрдемдесетін ақпараттық-кеңестік қызмет құру болжанып отыр.

Ауылшаруашылығы кооперативтерінің көп деңгейлі жүйесін қалыптастыру жұмыс істеп тұрған мемлекеттік (жергілікті) органдармен өзара байланысты. Аудандық деңгейде Үйлестіру кеңесін және ауылшаруашылығы кооперациясын ұйымдастыру нысандарының сұрақтары бойынша, сондай-ақ, олардың өзара қаржылық іс-қимылы, қоғамдық және өзге де ұйымдар кеңесшілерінің жұмыс тобын құру қажет.

Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеті аудандық деңгейде ауылшаруашылығы кооперациясы жүйесін дамыту бойынша іс-шараларды қамтамасыз ету болып табылады. Жобаларды жүзеге асыру барысында ұйымдастыру тетіктері және жұмыс кооперативтері пысықталатын болады, анықталған кедергілерді жою бойынша ұсыныстар әзірленді. Биылдың тамыз айында облыстық қоғамдық кеңес өңірдегі ауылшаруашылығы кооперациясын дамыту бойынша қоғамдық тыңдау өткізді. Қоғамдық кеңес агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсат-міндеттерін іске асыру және ауылшаруашылығы кооперативтері қызметінің тиімділігін арттыру бойынша облыстық, аудандық әкімдіктер мен аудандық, қалалық қоғамдық кеңестерге, басқа да мекемелер мен ұйымдарға бірқатар тиімді ұсыныстар берді.

Алик САҒЫНДЫҚОВ,
«Қазақстан агроодағы» республикалық қауымдастығының президенті, облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№140-141 (18417)

Сенбі, 23 желтоқсан, 2017 жыл.

ЕЛБАСЫ ШЫРШАСЫ

ӘРБІР БАЛДЫРҒАН АСЫҒА ҚҰТЕТІН МЕРЕКЕ – ЖАҢА ЖЫЛ. СОНДЫҚТАН ДА ӘР ЖАҢА ЖЫЛДЫ ЕСТЕ ҚАЛАРЛЫҚТАЙ ЕТІП ӨТКІЗУГЕ ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ. ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН БАЛАЛАРДЫҢ ШЫРША ТОЙЫ ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН КӨРМЕ КЕШЕНІНДЕ БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ ДА ҚЫЗЫҚТЫ ӨТТІ.



Сүретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕЕВ.

ШАТТЫҚ ШАЛҚЫҒАН КҮН

Жетісу

Алма ЕСЕНБАЕВА

Елбасының дәстүрлі шыршасына қатысу үшін облыс орталығына әр аудан-қаладан келіп жеткен 200 жеткіншекті Көрме кешеніне кіреберістен-ақ қыстың қуанышты сәтте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кең экран арқылы балаларды Жаңа жылмен құттықтап, жүрекжарды лебізін жеткізді.

– Қымбатты балалар! Жаңа жылға санаулы күндер қалды. Мен сендерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сендер мерекелі, берекелі елде өсіп келе жатқан ұрпақсыңдар. Ата-ананың үмітін ақтайтын да, туған еліміздің асқақ рухын сақтайтын да сендерсіңдер. Сондықтан да ақылды да алғыр, зерделі де зерек болуларыңды қалаймыз.

Айналайын балалар! Барлықтарыңа жарқын болашақ тілеймін. Балалық шақтарың базарлы, өмірлерің ажарлы болсын. Тәуелсіз елімізде өсіп, өркендей беріңдер, – деген Елбасының құттықтауынан соң облыс әкімі Амандық Баталов сөз алып, балаларға ізгі тілегін арнады.

– Сендер бақытты балаларсыңдар! Осындай жас, тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар. Оның үстіне жыл сайын Жаңажылдық шыршада сендерді Елбасының өзі құттықтайды. Еліміздің бар үміті сендерсіңдер, болашақта Қазақстанды өздерің басқарасыңдар. Сондықтан ұстаздардан жақсы білім, тәрбие алыңдар. Жаңа жылда сендердің барлық арман, мақсат, тілектерің орындалсын, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Облыс басшысы Елбасының балаларға арналған сыйлығын табыс етті. Онда балалар толықтай қыстық және спорттық киіммен қамтылып, мектеп портфеліне, Астана туралы кітапқа, жаңажылдық тәттілерге қол жеткізді. Олардың дені озат, өнерлі оқушылар мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көпбалалы отбасының жеткіншектері.

Оқушылар атынан сөз алған облыстық «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі Жансая Мерқали, №1 балалар үйінің жеткіншегі Николай Павловский осындай зәулім шырша аясында ұмытылмастай Шырша тойын өткізуге мүмкіндік ашқан Елбасына, облыс әкіміне алғыстарын айтып, балалық балғын тілектерін жеткізді.

Бұдан соң оқушылар театрландырылған қойылым желісімен Аяз ата, Ақша қар, Алдаркөсе бастаған ертегілер әлеміне саяхат жасап, жаңажылдық шыршаның шырайын кіргізе түсті.

Астананың 20 жылдығына орай Led экран арқылы Елорданың көрікті жерлеріне саяхат жасалып, Қапшағай қаласы балалар шығармашылығы орталығы өрендерінің орындауында «Астана» әні шырқалды. Шара соңында облыс әкімі балалармен бірге мерекелік дастарқаннан дәм татты.

ЖАҢА КІТАП

Орталық коммуникациялар қызметінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты дайындаған «Нұрсұлтан Назарбаев – болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (мақалалар, сұхбаттар, сарапшылардың пікірлері және анықтама-сараптамалық материалдар)» атты кітаптың тұсаукесері өтті.

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Іс-шараға кітап материалдарының авторлары, мемлекеттік орган мен ғылыми-зерттеу институт өкілдері қатысты. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Зарема Шәукенова өз сөзінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының маңыздылығын, мазмұны мен оның негізіндегі қойылған міндеттердің ауқымдылығын атап өтті. Құжат Қазақстан тарихының шежіресіне жазылған. Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің 15 желтоқсанда жария еткен «Тәуелсіздік дәуірі» атты жаңа кітабында рухани жаңғыру – жаңғыру үдерісінің негізгі бағыты екендігі туралы айтады. Елбасы «Рухани жаңғыру» бұл жаңа, жасампаздық дәуіріне көшудің негізі деп көрсетеді.

З. Шәукенова «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы бір жағынан жаңару үдерістері саяси реформалар мен экономикалық жаңаруға бастама болған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы Қазақстан халқына жолдаудың мазмұндық жалғасы болғандығын атап өтсе, екінші жағынан – бұл саяси және экономикалық өзгерістердің негізінде қоғамдық сананы жаңғырту болатын Қазақстанның алға жылжып дамуының айрықша бастауы болып табылады. Мемлекеттің келешегі Қазақстан азаматтарының ұлттық бірігуімен тікелей байланысты, сондықтан Елбасы: «Еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетінімізге байланысты», – деді.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғазиз Телебаевтың пікірінше, аталынған кітап уақтылы шығып отыр, өйткені, қазір қоғамда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын терең түсіну, түйсіну үдерісі жүріп жатыр. Сондықтан да оны терең түсінуге қатысты ғылыми ұстаным қажет. Ғ. Телебаев сонымен қатар кітаптағы танымал қазақстандық философтар А. Айталы, Ж. Әбділдин және Р. Әбділдинаның «Рухани жаңғыру» тұрғысынан алғанда қоғамның моральдық және рухани құндылықтарына негізделген мақалаларына баса назар аударды.

Сарапшы, саясаттанушы Нұрбек Саясат Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қазіргі таңдағы модернизация және институционалдық экономика теориясындағы соңғы зерттеулер аясында маңызды екендігін көрсетті. Аталған ой-түйіндермен және басқа да қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, сарапшылардың пікірлерімен көпшілік назарына ұсынылған кітаптан таныса аласыздар. Кітаптың электронды мәтінін «www. kisi.kz» сайтынан оқуға болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **БЕКТАСОВ Темірлан Амангелдіұлы** Панфилов ауданының әкімі болып тағайындалды.

Темірлан Амангелдіұлы БЕКТАСОВ



1969 жылы туған. Алматы гидромелиоративтік техникумын техник-гидротехник, Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын құрылыс инженері мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Қазақтың картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты «Строитель» кооперативінің техникалық бақылау инженері болып бастады. Әр жылдары «Қарасай аудандық өндірістік-жобалау архитектуралық-бейнелеу бюросы» МҚК I дәрежелі технигі, II дәрежелі инженері, Қаскелең қаласы бойынша сәулет және құрылыс бөлімінің меңгерушісі, «Қарасай ауданының сәулет және қалақұрылысы бөлімі» ММ «Сәулет» МКК директорының орынбасары, Жамбыл және Қарасай аудандық сәулет және қалақұрылысы бөлімдерінің бастығы, Алматы облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының бастығы, Кербұлақ ауданы, Талдыбұлақ ауылдық округінің әкімі, Алматы облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет атқарған.

2013 жылдың қаңтарынан – Алматы облыстық құрылыс басқармасының басшысы.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Бердәулет Ешенұлы АБДУЛДАЕВ** зейнеткерлікке шығуына байланысты Панфилов ауданының әкімі лауазымынан босатылды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **ОМАРОВ Жолан Ыбрайақынұлы** Райымбек ауданының әкімі болып тағайындалды.

Жолан Ыбрайақынұлы ОМАРОВ



1979 жылы туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін заңгер, Қазақ ұлттық аграрлық университетін кадастр бакалавры мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын «КИРЗАВОД-1» ЖШС атқарушы директоры болып бастады. Әр жылдары «КИРЗАВОД-1» ЖШС бас директорының орынбасары, «Алматыжер ҒӨО» ЕМК Алматы филиалы заң секторының маманы, Қаскелең жер-кадастрлық филиалының басшысы, «Алматыжер ҒӨО» ЕМК директорының бірінші орынбасары, директордың міндетін атқарушы, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК Алматы облыстық филиалы директорының міндетін атқарушы, Алматы облыстық жер қатынастары басқармасының бас маманы, облыстық туризм басқармасының бөлім басшысы қызметтерін атқарған.

2014 жылдың тамызынан – Алматы облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Жанат Жолдаспекұлы ТӘЖИЕВ** басқа жұмысқа ауысуына байланысты Райымбек ауданының әкімі лауазымынан босатылды.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Панфилов ауданында басталған жұмыс сапарын Райымбек ауданында жалғастырды. Райымбек аудандық әкімдігінің үлкен мәжіліс залына жиналған аудан активінің алдында Амандық Ғаббасұлы сөз сөйледі. Ол осынау іргелі ауданда бірінші басшы болып осыған дейін жемісті еңбек еткен Жанат Тажиевке алғысын айта келіп, тағайындалып отырған жаңа басшыны таныстырды.

ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Бұған дейін Алматы облысы бойынша жер қатынастары басқармасының басшысы қызметін абыройлы атқарып келген Жолан Омаровты Райымбек ауданына әкім етіп тағайындау туралы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімін алғанын айта келіп, бүгін осынау жиынның алдында **Райымбек** аудандық мәслихаты депутаттарының да қолдау білдіргенін сөз етті.

Актив жиынында Райымбек ауданының әкімі қызметін атқарып келген Жанат Тәжиев сөз алып, жұмыс барысында өзіне үнемі қолдау көрсетіп келген облыс әкіміне және аудан халқының көшін бастап келе жатқан іс басындағы азаматтарға алғысын айтты. Ауданның жаңа әкімі болып тағайындалған Жолан Омаров та өз ойын жеткізіп, өзіне үлкен сенім артып отырған облыс әкіміне алғысын білдірді. Ауданның болашағы, оның өсіп-өркендеуі үшін қолынан келгенше аянбай жұмыс істейтінін жеткізді.

Облыс әкімі Райымбек ауданының байлық тұнған, келешегі кемел аудан екенін айтып, ойын ортаға салды. Осыдан біраз жыл бұрын, Алматы облысы әкімінің орынбасары болып тұрған кезінде Сүмбе ауылында болған зілзала апаттарын жою барысында елмен етене жұмыс істегенін, өңірдің өзіне жақсы таныс екенін тілге тиек етті. Райымбек ауданы төрт түлік мал саны жағынан облыстың алдында тұрған аудан. Сондықтан мал өнімдерін өңдейтін өндіріс орындарын ашып, халықты, әсіресе жастарды еңбекпен қамту маңызды.

– Өздеріңіз жақсы білесіздер, біраз уақыттан бері сөз болып жүрген Нарынқол өңірі назардан тыс қалмайды. Бұл үшін үлкен жұмыс атқарылуда. Атап айтқанда, Нарынқол өңірінен жаңа аудан құрылады. Бұл мәселені Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қуаттап, қолдап отыр. Келесі жылдың бас кезінде Президентіміздің жаңа аудан құру туралы арнайы Жарлығы жарыққа шығады. Нарынқол өңірін қайтадан түлету, жаңадан құрылыс нысандарын салу үшін республикадан және облыстық бюджеттен қомақты қаржы қарастырылды. Ендігі кезекте өңірге жаңадан басшы болып тағайындалған азаматтарымыз үлкен жұмыс істеп, өлкенің дамуы үшін қолдан келгенінің бәрін жасауы керек, – деген облыс басшысы бұдан кейін аудан орталығымен, Нарынқол ауылының жайымен таныстық.

* * *

Панфилов аудандық мәслихатының кезектен тыс сессиясы шақырылып, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес облыстағы бірқатар жауапты қызметтерді абыройлы атқарған Темірлан Бектасовты Панфилов ауданына әкім етіп тағайындауға келісім беру жөнінде мәселе қарады. Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ мәслихат депутаттарына осы мәселе бойынша хабарлама жасап, халық қалаулылары ұсыныстарын бірауыздан қолдап, келісімдерін берді.

Бұдан кейін аудан әкімдігінің үлкен жиынжайында өңір активі өткізілді. Жиынды облыс әкімі кіріспе сөз сөйлеп ашып, облыс аумағында қол жеткен жетістіктер мен басқа да іс-шаралар жайында айтып өтті. Амандық Ғаббасұлы өңір тұрғындарының еңбек жетістіктері мен аймақта жүзеге асып жатқан мемлекеттік ірі жобалардың болашағына да тоқталды. Сөзінің соңында өңір жұртшылығына аудан әкімі лауазымына тағайындалған Темірлан Бектасовты таныстырды. Сонымен қатар, осы лауазымды бұған дейін атқарған, қызметінен зейнеткерлік демалысқа шығуына байланысты босаған Бердәулет Абдулдаевқа атқарған жұмысы үшін алғысын білдіріп, Құрмет грамотасын тапсырып, иығына шапан жапты.

Аудан активінде Бердәулет Абдулдаев сөз сөйлеп, өзімен қызметтес болған аппарат мүшелеріне, аудан халқына ризашылық сезімін білдіріп, өзіне үлкен құрмет көрсеткен облыс әкіміне алғысын айтты. Сол сияқты ауданға жаңадан тағайындалған әкім Темірлан Бектасов та көрсетілген үлкен сенім үшін облыс әкімі мен аудан халқына ризашылығын білдірді.

Жиында Панфилов ауданының Құрметті азаматы Шәріп Рахмадинов пен Рехимжан Тохтахунов, Алматы облысының және ауданның Құрметті азаматы, Еңбек Ері Күләш Айтжанова сөз сөйлеп, өңірге келген жаңа басшының жұмысына сәттілік тілеп, өздерін толғандырып жүрген бірқатар ұсыныс-тілектерін ортаға салды. Көпшілік арасынан көтеріліп, облыс әкіміне өтініш айтқан «Қазсушар» мемлекеттік кәсіпорны Панфилов аудандық филиалының басшысы Тоқтарбай Керімқұловтың ұсынысын тыңдаған облыс әкімі Киров каналын күрделі жөндеуден өткізуге жуық арада 160 миллион теңге қаржы қарастыруға уәде берді.

Жиынды облыс әкімі Амандық Баталов қорытындылап, басқосу барысында айтылған бірқатар сауалдарға жауап берді.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

СЕЛЕКТОР

Премьер-Министр Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ төрағалығымен өткен Үкімет отырысында мемлекеттік қызмет көрсету және «Электронды үкіметті» дамыту мәселелері, сонымен қатар Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жайы талқыланды. Сондай-ақ мемлекеттік статистика туралы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру жайы қаралды.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ АЯСЫ КЕҢЕЙЕДІ

Жиында мемлекеттік қызмет көрсету және «Электронды үкіметті» дамыту бағытында атқарылған жұмыстар жайында Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев баяндады. Министрдің мәлімдеуінше, қазіргі кезде 746 мемлекеттік қызметтен «Азаматтарға арналған үкіметке» 621 қызмет берілген, бұл көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 83 пайыздан астамын құрайды. «Электронды үкімет» инфрақұрылымы арқылы 452 мемлекеттік қызмет қолжетімді болып, 192 миллионнан астам түрлі электронды қызметтер көрсетілген.

Үкімет отырысында қаралған келесі мәселе – елімізде атқарылып жатқан нәтижелі жұмыспен қамту жұмыстарының барысы жайында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова баяндады. «Бүгінгі таңда бағдарламаға қатысушылар саны 527 мыңға жетті. Олардың ішінде 50 пайыздан астамы ауыл тұрғындары. Өткен 11 айдың ішінде республика көлемінде 413 мың азамат жұмысқа тартылып, соның 279 мыңы тұрақты жұмысқа орналасты», – деп атап өтті министр.

Т. Дүйсенованың хабарлауынша, 48 мыңға жуық жас әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар тәжірибесіне жіберілген. Жалпы бұл шараларды атқару үшін мемлекеттік бюджеттен 85,3 млрд. теңге қарастырылып, оның 45 млрд. теңгесі жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылған.

Өз кезегінде Үкімет басшысы Б. Сағынтаев бұл бағдарлама аясында атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. «Бағдарлама жоғары қарқынмен жүзеге асырылып келеді. Осы бағыттағы жұмыстарды халықтың оң қабылдағаны қуантады. Сонымен қатар азаматтардың кәсіпкерлікпен айналысуға ынталы екендігі көрініп отыр», – деп атап өтті Үкімет басшысы. Б. Сағынтаев Үкімет мүшелеріне нәтижелі жұмыспен қамту шараларын тиімді жүзеге асыруға ерекше мән беру керектігін тапсырды. Осы орайда жасалған ұсыныстарды қайта қарап, қажет болған жағдайда бағдарламаға тиісті өзгерістер енгізуді қарастыру Премьер-Министрдің орынбасары Ерболат Досаевқа жүктелді.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыру тұрғысынан жүргізіліп жатқан жұмыс туралы өз бағыттары бойынша Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов, Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев, Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов баяндады, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов сөз сөйледі. Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы өз кезегінде Алматы облысының әкімі Амандық Баталов есеп берді.

– Облыстағы экономикалық белсенді халықтың саны 1 млн. 39 мың адамды құрайды. Қазіргі кезде 30 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды, өсімі 120,5 пайыз. Жалпы бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін 8,5 млрд. теңге бөлінген, оның 6,8 млрд. теңгесі игерілген. Бірінші бағыт бойынша оқытумен 8618 адам, тегін оқытумен 1535 адам қамтылған, курсты 6016 адам аяқтады, 4933-і жұмысқа орналасты. Олардың дені ауылды жерлерде тұрады. Екінші бағыт бойынша 5,2 млрд. теңге қарастырылған. 813 адам микрокредит алды. Қосымша 630 жұмыс орны құрылды. «Бастау-бизнес» бағдарламасы бойынша 1312 адам оқытуды аяқтады. Олардың 238-і микрокредит алды. Жұмыс мобильдігі бойынша 104 отбасы көшіп келді. Барлығы 380 адам. Олардың 132-сі жұмысқа орналастырылды. Аталған мәселелер күнделікті қадағалауда тұр, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Селекторлық жиыннан соң облыс әкімі Амандық Баталов Үкімет отырысында қаралған мәселелер бойынша жұмыстарды тағы бір пысықтап, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

А. ТОПАНТАЙҚЫЗЫ.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ҮШ НЫСАН ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ
2 БЕТ

ЕРЛІККЕ ТОЛЫ ЕҢБЕК
5 БЕТ

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Облыс әкімі Амандық Баталов Франция-ның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Филипп Мартинэ мырза бастап келген инвесторлармен кездесті. Ресми түрде өткен басқосуда екі тарап ауылшаруашылығы мен басқа да салалар бойынша жобаларды жүзеге асыруда тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, ынтымақтастықты арттыру жөнінде әңгіме өрбітті.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТА ТҮСЕДІ

Жетісу

Қажет АНДАС

Кездесуде Амандық Ғаббасұлы алдымен өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын жан-жақты әңгімелеп, инвестиция тарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды сөз етті. Сол барыста өңірдің аграрлы аймақ екендігі және бұл саланы дамытуға айрықша көңіл бөлініп отырғаны, елдегі ауылшаруашылығы өнімдерінің басым бөлігі Жетісу жерінің үлесінде екендігі, сондай-ақ аймақта кәсіп ашып, іс жүргізісі келетін шетелдік инвесторларға облыс тарапынан барлық жағдайдың жасалып жатқаны, инвестициялық мүмкіндіктердің мол екені, Жетісу өңірінің табиғаты тамаша аймақтардың қатарынан табылатыны, осы ретте туристік саланы өркендетуге айрықша мән беріліп, ыңғайлы жағдайлардың жасалып жатқаны жайында айтып берді. Сонымен бірге аймақтың ел бойынша майбұршақ, жүгері, көкөніс, картоп, ет, жұмыртқа, жүн өндіруде алдыңғы қатардан көрініп келе жатқаны, жүзім мен сүт өндірудегі жетістігі де тілге тиек етілді. Өнеркәсіптік өлеуетті өркендетуге ден қойып отырған бұл аймақта екі мыңнан аса кәсіпорынның орналасқаны және оның дені агроөнеркәсіп кешені екендігі де назардан тыс қалған жоқ.

Қант қызылшасын өндеумен айналысатын жоғары технологиялы зауыттар құруда да, сүтті-етті мал және жылжай шаруашылығын өркендетіп, интенсивті бау-бақша алқабын кеңейту бағытында да айтарлықтай жұмыстың іске асырылып жатқанын алға тартқан облыс басшысы қант қызылшасы шаруашылығын өркендетуде французиялық тұқымдардың көп септігі тиіп отырғанын жеткізді. Индустриалды аймақтар құрылып, жаңа жұмыс орындары ашылып, ел экономикасын өркендетуге серпін бергені де сөз болды.

Бұдан соң Филипп Мартинэ сөз сөйлеп, француздардың Қазақстанның жылдам өркендеп, өсуі үшін қызуар инвестиция құйып отырғанын, нәтижесінде әртүрлі сала бойынша көптеген кәсіпорын ашып, жұмыс істеп жатқанын мәлім етті. Сонымен қатар, Жетісу өлкесінің туристік ресурсқа бай екенін, өнеркәсіп, ақпараттық технология салалары мен азық-түлік индустриясындағы қарым-қатынастың жан-жақты дамып келе жатқанын айтып, осы саладағы ынтымақтастықты дамыту үшін екі елдің ортақ жобасын жүзеге асыруға ықпал ететінін жеткізді. Ендігі кезекте ауылшаруашылығы, кәсіпкерлік, басқа да салалар бойынша бірлесе жұмыс істеудің болашақ үшін маңызды екендігін айтып, достық байланысты ұлғайтуға әзір екендіктерін жеткізді.

Әңгімелесу кезінде «Құрғақ порт», «Қорғас–Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының ерекшеліктері де сөз болды. Елші мырза осыған дейін төрт жыл Франциямен Қытайдағы Төтенше және Өкілетті елшісі болғаны жайлы айтып, Батыс Қытай мен Батыс Еуропаны жалғап жатқан Қазақстан арқылы Қытай нарығына кірудің мүмкіндіктерін қарастырып жатқанын айтып қалды. Өңір басшысы аймаққа инвестиция тарту бағытында инвесторларға жақсы жағдайлардың жасалып жатқандығын, бұл кездесудің екі жаққа да тиімді тұстарын тілге тиек етіп, оның пайдалы жобаларға ұласатынына сенімді екенін атап айтты.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қатысуымен кәсіпкерлікті дамыту жөнінде қорытынды кездесу өтті. Шараға ҚР «Атамекен» ҰКП, мемлекеттік құрылымдар басшылары және кәсіпорындардың топ-менеджерлері, белгілі кәсіпкерлер шақырылды.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

КӘСІПКЕРЛЕР марапатталды

Жиында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму жайы сөз болып, жыл жетістіктері және алда атқарылуы тиіс жұмыстар әңгіменленді. Амандық Ғаббасұлының айтуынша, жыл қорытындысына сәйкес өңірдегі жалпы өнім көлемі 2,5 триллион теңгеге жеткен. Соның 30 пайызға жуығын шағын және орта бизнес кәсіпорындары өндірген.

Қазіргі кезде Жетісу өңірінде кәсіпкерлік саласында 280 мың адам жұмыс істейді. Олар жергілікті бюджет түсімінің 43 пайызын құрап отыр. Бүгінде өңірде кәсіпкерлерге қолдау көрсетіліп, бизнестің өсіп-өркендеуіне барынша жағдай жасалуда. Мемлекет тарапынан да жан-жақты көмектер көрсетіліп жатыр. Осыны негізге алған облыс басшысы кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігінің арта түскенін атап өтіп, аудандар мен қалалардағы кәсіпкерлікті дамытудағы жергілікті атқарушы органдардың атқаратын рөлінің маңыздылығына тоқталды. Бұдан соң өңір басшысы аймақтың үздік кәсіпкерлерін марапаттап, облыс әкімінің Құрмет грамоталарын тапсырды.

«Алматы облысының Құрметті азаматы» атағы «Қайнар-АКБ» бақылау кеңесінің төрағасы Қуаныш Әжмағанбетовке берілді. Биыл аталған кәсіпорын 2,5 миллион дана аккумулятор шығарыпты.

Өзінің құттықтау сөзінде Амандық Ғаббасұлы: – *Облыста шағын және орта бизнестің қарқынды дамуы байқалады. Жыл қорытындысы бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 750 млрд. теңгеге жуықтап, 30 мыңға тарта жұмыс орындары құрылды. Бұған облыс кәсіпкерлері үлкен үлес қосып отыр. Сіздердің еңбектеріңіз «Парыз», «Алтын сапа» байқауларында да үздіктер қатарында аталып, жеңімпаз болдыңыздар. Бұл – үлкен жетістік, басқасының бәрі күнделікті еңбекпен келеді. Сондықтан, облыс экономикасының дамуына қосқан зор үлестеріңіз үшін сіздерге ерекше ризашылығымды білдіре отырып, дендеріңізге саулық тілеймін. Бірлесе атқарған жұмысымыз жемісті болсын!* – деді.

Салтанатты жиында тұңғыш Олимпиада чемпионы, Қазақстанның Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіров, «Нұр» отбасылық балалар үйінің директоры Тұяқ Есқожина секілді кәсіпкерлер де ойларын ортаға салып, әр кәсіпкердің өзі өсіп-өнген өлкесіне қолдан келгенше көмектесіп, халықтың жұмыспен қамтылуына жол ашуы керектігін және жастардың талмай еңбек етіп, ел ертеңінің жарқын болуына атсалысуы қажеттігін айтты. Салтанатты шарада «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Елдос Рамазанов Ұлттық палата атынан аймақтағы билік пен бизнес арасындағы өзара қарым-қатынас деңгейіне жоғары бағасын беріп, облыс әкіміне «Өз ісіне адалдығы үшін» медалін табыстады. Сондай-ақ, экономиканы және жеке кәсіпкерлікті дамытуға қосқан жеке үлесі үшін осындай медальмен өңірлік кеңес мүшесі, «Кассанжар» ЖШС басшысы Жанатбек Сарғалдақов марапатталды.

Бизнес қоғамдастықпен белсенді қарым-қатынас орнатқаны үшін Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Құрмет грамоталары Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаевқа, Қапшағай қаласының әкімі Талғат Қайнарбековке, Қарасай ауданының әкімі Махаббат Бигелдиевке берілді.

Қорытынды кездесу соңында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген «Геодезия сервис» ЖШС бас директоры, Алматы облысы жобалау, жобалау-іздестіру ұйымдары қауымдастығының басшысы Александр Аникин, «АВМ group» ЖШС басқарма төрағасы Азамат Молдакасымов, «Ернар» шаруа қожалығының басшысы Тасқын Жапарқұл, «МаксДорстройСервис-21» ЖШС директоры Александр Скоропадский, «Негал БВ» ЖШС директоры Фатих Узуноглы, «Джей ТИ Ай Қазақстан» ЖШС басшысы Евгений Никольский секілді бір топ кәсіпкер облыс әкімі, Өңірлік кеңес, Кәсіпкерлер палатасы және мемлекеттік кірістер департаментінің атынан марапатталып, Алғыс хаттарға ие болды. Сондай-ақ, бизнес саласында еңбек етіп жүрген кәсіпкер келіншектерге де сый-құрмет көрсетіліп, Грамоталармен марапатталды.

МАМАН МІНБЕРІ

«Қазақстан – 2050» стратегиясын іске асыру «Цифрлы Қазақстан»

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясының нәтижелерін концептуалды талдауға арналған еді. Аталған Жолдауда мемлекетіміздегі негізгі салаларды үдемелі дамыту қағидаттары тұжырымдалып, жүзеге асып жатқан реформалар мен әлеуметтік-саяси жобалардың арқасында еліміздің саяси беделінің нығайып отырғаны аталып өтті.

«Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру бойынша берілген барлық тапсырмаларды Елбасы рухани саланы жандандыру қажеттігімен бекіте түсті. Егеменді дамудағы қазақстандық жол тәжірибесі негізінде барлық қазақстандықты біріктіретін және ел болашағының негізін қалайтын басты құндылықтар құрылды. Ең алдымен, еліміздің даму мақсатын анықтауда ұлттық бірдейлік негізін «Мәңгілік Ел» атты кең мағыналы түсінік түрінде енгізді. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың пікірі бойынша Мәңгілік Елді қалыптастыратын құндылықтар ретінде Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астананы, ұлттық бірлікті, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді, зайырлы қоғам мен биік руханиятты, индустрияландыру мен инновация негізіндегі экономикалық өсімді, жалпыға ортақ еңбек қоғамын, тарих, мәдениет және тіл тұтастығын, дүниежүзілік және аймақтық мәселелерді шешуге еліміздің жаһандық қатысуын және ұлттық қауіпсіздікті атауға болады. Осы құндылықтардың арқасында жаңа Қазақстанның халқы үнемі жеңістерге жетіп, айтулы жетістіктерді көбейте отырып, тәуелсіздікті нығайта түсті. Бұл құндылықтар Қазақстан халқын біріктірген және жаңа жетістіктерге ынталандыратын Жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негізінен құралады.

Елбасының 2017 жылғы Жолдауы атына сай жаһандық бәсекеге қабілеттілік жағдайының Үшінші жаңғыртуын енгізудегі айқындықтарды көрсетумен ерекшеленді. Үшінші жаңғыру – «Қазақстан – 2050» стратегиясын орындаудағы «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының реформасы аясында жүргізіледі. Осы Жолдауда 5 негізгі басымдық көрсетілді. Бірінші – технологиялық жаңғыру. Онда Елбасы Н. Назарбаев: *«Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты»*, – деп атап айтты. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының 4 негізгі бағыты бар. Оның біріншісі – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, еліміздің транзиттік мүмкіндігін арттыру. Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауылшаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны енгізу. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру. Төртінші – IT мамандарын даярлау.

А. АДАМБЕКОВ,
Алматы қаласы бойынша ҚСжАЕАК басқармасының қызметкері.

КӘСІПКЕРЛІК

ИНВЕСТОРЛАР БАС ҚОСТЫ

Өткен аптада Салтанат сарайында инвесторлардың кеңесі өтті. Кәсіпкерлер бас қосқан жиналысқа облысымызға арнайы іссапармен келген Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Филипп Мартинэ мырза бастап келген инвесторлар да қатысты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Аталмыш шара облыс басшылығы мен «Jem Park» компаниясы арасындағы екі жақты ынтымақтастық келісімшартқа қол қою рәсімінен басталды. Аталған компания алдағы уақытта облыс орталығынан отбасылық сауықтыру кешенін салмақшы. Өңір басшысы бұл нысанның халыққа қажетті екендігін айтып, құрылысты сапалы әрі заманауи стандартқа сай етіп салуды тапсырды.

Бүгінгі таңда облысымыз табиғи қолайлылығы мен географиялық орналасуы жағынан кез келген инвестордың бизнесін дөңгелентіп әкетуге таптырмас орын. Қазірдің өзінде облысымызда 20-дан астам шетелдік компания 70-ке жуық инновациялық жобаны жүзеге асыруда. Соның ішінде 10-нан астам кәсіпорын облысымызға қаржы құйып, жергілікті жұртты жұмыспен қамтып отыр. Соңғы бес жылда өңірлік ішкі жалпы өнім екі жарым триллион теңгеге жеткен. Яғни 1,7 есеге артқан. Алайда, алдағы уақытта бұл көрсеткішті еселей түсуіміз керек.

– Біз өңірімізге инвестиция салуға ниетті инвесторларға қолда бар барлық жағдайды жасауға құлшынып келеміз. Индустриялды аймақтарға алдын ала су, жылу, жарық және кәріз желілерін тартып, инфрақұрылымын жақсартамыз. Кәсіпкер бірден кәсібін бастап кетуге қолайлы жағдай жасалған. Біз осы арқылы инвесторды тартамыз, сапалы өнім өндіретін кәсіпорындар құрамыз, сондай-ақ, сапалы өнімімізді экспортқа шығарып, сыртқы нарықтағы беделімізді жоғарылатамыз, – деді облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Алимжан Тохтасунов.

Алматы облысы алдағы уақытта ауылшаруашылық өнімін өндірудің көшбасшысына айналуы керек. Кәсіпкерлер бұл мәселеге айрықша тоқталды. Ауылшаруашылығы саласындағы жетістіктер де жетерлік. Алайда ет пен сүт бағытын дамыту үшін мемлекет тарапынан қолдау арнасын жетілдіру керек. Тіпті, бизнесті дөңгелентіп әкетуде қаржыдан бөлек әкімшілік кедергілердің де бар екендігі айтылып қалды.

– Биыл бізде жоспар бойынша 110 кооператив құрылу керек болса, қазірге дейін 148 кооператив құрылды. Келешекте ет және сүт бағытындағы кооперативтердің өнімділігі жоғары болады деген сенімдеміз, – дейді облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексембай Бекішев.

Жиында Талдықорғандағы индустриялдық аймақта келесі жылы бой көтеретін екі зауыттың жайы сөз болды. Оның бірі Германияның ет өңдейтін «BauMin» кәсіпорны мен Голландияның картоп өңдейтін «Famfood» зауыты. Олар іске қосылса, өңірдің экономикалық жағдайы жандана түседі.

БАЙҚАУ

ҮЗДІК ЭКСКУРСИЯ ЖҮРГІЗУШІСІ

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Мұхамеджан Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» аясында Талдықорғандағы Достық үйінде екінші облыстық «Үздік экскурсия жүргізушісі» байқауы ұйымдастырылды.

Жетісу
Серік ҚАНТАЙ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Байқау үш кезеңнен тұрды. Бірінші «Менің өлкемнің аңыздары» кезеңінде сайысқа қатысушы әр ауданнан келген 17 үміткер өз өлкесінің тарихи жерін үлкен экраннан бейнеролик арқылы таныстырды. Келесі «Жәдігер жерде қалмасын» бөлімінде сахнада қойылған ат әбзелдерін, ағаш бұйымдарды, теріден жасалған заттардың арасынан қалаған бір затын таңдап, оны таныстырып, тарихына тоқталды. Жарыстың соңғы кезеңі еркін формatta аяқталды. «Музейдің бір күні» деп аталған кезеңде шеберлермен бірлесіп жасалған бұйымдарды талқылап, сайысқа қатысушылар сұрақ қойып, өздеріне қажетті жауаптарын алды. Әр кезеңде қазылар алқасының төрайымы Қазақстан Республикасының мәдениеті мен туризміне еңбегі сіңген қызметкер, «Қазақстан Республикасының үздік экскурсия жүргізушісі» Бақыт Камалқызы бастаған топ үздіктерді қалдырып, дайындығы көңілден шықпаған қатысушыларды жарыс жолынан шығарып отырды.

Әділқазылар алқасының шешімімен «Үздік үй жұмысы» Мұқағали Мақатаевтың әдеби-мемориалды музейінің қызметкері Әділет Батталға берілді. Ол Райымбек ауданындағы тау арасында орналсқан 15 шақырымға жуық Қараүңгірді және айналасындағы Айғайтастарды, жардан құлап ағып жатқан бұлақты көрсетті. Басқалардан өзгеше болған тұсы – тарихи орындарға өзі барып, сол жерден арнайы түсірілімдер жасаған. Бейнероликтің түйінін Мұқағали Мақатаевтың «Атамекен» поэмасынан үзінді келтіріп, сәтті түйіндеді.

«Білімді маман» номинациясы Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалды музейінің қызметкері Назира Қосбағароваға табысталды. Назираның да әзірлеген бейнеролигі көп көңілінен шықты. Ол Түктібай ата туралы толғанып, оның мазары жөнінде азды-кем ой айтты. Мазарды жөндеп, қайта қалпына келтірген ақын Марфуға Айтқожинаның табандылығына тәнті болғандығын жеткізді. Түктібай шал қобызшы болған. Ал оның ұлы Ұлы Отан соғысына аттанып, майдан даласында қаза болғанда үйінде қалған әкеден мұра болған қобызы өздігінен азалы үн шығарған. Осындай мәліметтерді ұсынған Назираның ізденімпаздығына тәнті болдық.

Үшінші орын Балқаш аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері Зәуреш Демеуқұловаға бұйырды. Ал екінші орынды Ілияс Жансүгіровтің әдеби-мемориалдық музейінің қызметкері Айжан Оразбаева алды.

Қазылар алқасы бірінші орынды екі қатысушыға берді. Осы тұста шешім шығарған топтың төрайымы Бақыт Камалқызы.

– Бірінші орынды анықтау қиынға соқты. Екі қатысушы да лайық. Қай жағынан алып қарасаңыз да үздік. Осындай жағдай кез келген жарыста орын ала бермейтін шығар, бірақ бүгін орын алып отыр, – деді. Сонымен, бірінші орынды Шелек өлкетану музейінің қызметкері Айнұр Айтжан мен Сүйінбай Аронұлы әдеми-мемориалды музейінен келген Мейіржан Мұсабаев бөлісті. Айнұрдың Меккеге кетіп бара жатқанда қарияның егіп кеткен, бүгінде мәуелі ағаш болған Қарағаш туралы бейнесюжетін, ал Мейіржанның Қарақыстақтың тарихын түгендеп шыққан еңбегі қазылардан лайықты бағасын алды.

Жарыстың ұйымдастырушылары былтырғы жылмен салыстырғанда биылғы сайыстың деңгейі, дәрежесі жоғарғы болғандығын айтты. Бұйыртса келесі жылы жарыстың ауқымы кеңейіп, аудиториясы өседі деп үміттеніп отыр.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу мерзімінің ауыстырылуы туралы

Қазақстан Республикасының Парламенті 2020 жылға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде халыққа медициналық көмек көрсетуді кейінге қалдыру туралы өзгертулер қабылдады. Құжаттар Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға жіберілді.

Біріншіден – жұмыс берушілер үшін МСК-на аударатын аударымдар мөлшері өзгермейді: 2018-2019 жылдары 1,5%, 2020 жылдан бастап – 2%.

Қарамағында жалдамалы жұмыскерлері бар жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының иелері жарнаны осы тәртіп бойынша төлейді.

Екіншіден – жеке тұлғалар жарна төлеуден 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін босатылады.

Азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде табыс табатын тұлғалар төлейтін жарна мөлшері төмендетілді. Олар 2020 жылдан бастап табыстың 1 пайызы, 2021 жылдан бастап 2 пайызы көлемінде жарна төлейді. 2018-2019 жылдары олардың табысынан жарна ұсталмайды.

Үшіншіден – жеке кәсіпкерлер 2018-2019 жылдары ЖК ретінде өзі үшін жарна аударбайды. Бірақ қарамағындағы қызметкерлер үшін жұмыс беруші ретінде жарна аударуды тоқтатпайды (2018-2019 жылдары 1,5%, 2020 жылдан бастап – 2%).

Жұмыс берушілер жалдамалы жұмыскерлердің жалақысынан 2020 жылы 1%, 2021 жылдан бастап 2% ұстап, Қорға аударады.

Мемлекет жекелеген санаттағы азаматтар үшін жарнаны 2020 жылдан бастап аударады. Аударылатын жарна мөлшері оған дейінгі екі жылға бекітілген орташа айлық жалақының 4 пайызын құрамақ («Міндетті медициналық сақтандыру туралы» Заңның 26-бабы 2,3 тармақтары).

Жоғарыда көрсетілген санаттарға жатпайтын тұлғалар бір ЕТЖ (ең төменгі жалақының) 5 пайызын төлеп, сақтандыру жүйесіне қосыла алады.

Жалпы тәртіптегі жеке кәсіпкер – «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңның 30-бабы 6-тармағына сәйкес, жеке кәсіпкерлер 2017 жылы шілде-желтоқсан айлары үшін жарна аударады. Жарна келесі айдың 25-нен кешіктірілмей төленуі тиіс. Яғни, 2017 жылдың желтоқсаны үшін жарнаны 2018 жылдың қаңтарында төлеуге болады (2018-2019 жылдары жарна төлеуден босатылған).

Жеңілдетілген декларация негізінде арнайы салық режимін пайдаланатын жеке кәсіпкерлер – 2017 жылдың шілде-желтоқсан айлары үшін. Жеңілдетілген декларация ҚР салық органдарына салықтық есеп беретін кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-нен, ал, салықтар есеп беретін кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірілмей өткізіледі. Сондықтан соңғы төлем 2018 жылдың 25 ақпанынан кешіктірілмей төленуі тиіс (2018-2019 жылдары жарна төлеуден босатылған).


ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Ләззат Ақтаева сақтандырудың басталуына байланысты бұрынырақ түсіндірді: «Арадағы екі жыл ішінде үкімет «өзін-өзі жұмыспен қамтушы» санатына жататын азаматтардың мәселесін шешіп алмақ. Алдын ала жасалған есеп бойынша қазір олардың саны – 2,7 млн. адам».

Вице-министрдің сөзіне қарағанда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі қызметін мемлекеттік монополияға жатқызу ұсынылады. Ал 2018 жылдың 1 қаңтарынан Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің операторы және медициналық қызметтердің бірыңғай төлеушісі болады.

М. КЛЯН,
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалының халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарастыру бөлімінің сарапшысы.

Әлем тынысы

ЭНРИКЕ ИГЛЕСИАС ӨЗБЕКСТАНҒА КЕЛЕДІ



Әйгілі әнші Энрике Иглесиас Өзбекстанда концерт бермек. Бұл туралы Өзбекстан ақпарат құралдары жарыса жазып жатыр. Иглесиастың концерті Ташкенттегі «Истиқлол» өнер сарайында өтетіні белгілі болды.

«Daryo» басылымының хабарлауынша, концерттің билеттері сатылымға шығарылмайды. Көермендердің барлығы қонақ ретінде арнайы шақырылады. Әлемге танымал әншінің концертіне шақыру билеттері Өзбекстан Мәдениет министрлігі, Жастар одағы, сондай-ақ, басқа да қоғамдық бірлестіктер арқылы белсенді жастарға, үлгілі оқушылар мен студенттерге беріледі. Энрике Иглесиастың Ташкенттегі гастроліне орай, өзбекстандық белгілі сықақшы Обид Асамовтың басталуы тиіс үш күндік концерті бір күнге шегерілді. Айта кетейік, «Истиқлол» («Тәуелсіздік») сарайы 3932 көрерменге арналған.

ИТ АТҚАНЫ ҮШІН СОТТАЛМАҚ



Қырғызстандағы Жалал-Абад облысының тәртіп сақшылары үй жануарына жасаған қатыгездік фактісі бойынша қылмыстық іс қозғады. Бұл жайлы Қырғызстанның «Кабар» агенттігі ақпарат таратты.

Әлеуметтік желілерде тараған бейнематериалда белгісіз жігіт үйінің ауласында төрт аяқты «досын» қатыгездікпен атып өлтіргені көрсетілді. Еш шімірікпестен үй жануарын өлтірген жігіттің бейнесі қоғамда наразылық тудырды. Осыған байланысты жергілікті ішкі істер бөлімі тексеру жұмыстарын жүргізді. Анықталғандай, 1997 жылы туған жас жігіт тәртіп сақшыларына берген түсініктемесінде Алабай тұқымды итінің ауру болғанын, тауықтарды қырып, адамдарды қапқанын айтып ақталған. Итті атуға қолданған «Вепрь» мылтығы жігіттің әкесіне тиесілі. Аталған факт негізінде азаматтың үстінен қылмыстық іс қозғалды.

МҰЗДАН ЖАСАЛҒАН МУЗЫКАЛЫҚ АСПАП



Музыка – адамның емшісі. Егер сіз ерекше музыкалық аспаптарды ұнатсаңыз, норвегиялық өнерпаз Терье Исунгсетке жолығыңыз. Оның шағын оркестріндегі музыкалық аспаптардың барлығы мұздан құйылған.

Ел қызығушылығын тудырған тың ақпаратты «Euronews» көрсетті. Бір ғана кедергі, концерт өтетін жердің температурасы минус он градустан төмен болмауы керек. «Бұл жердегі ерекшелік менде емес, ерекшелік – аспаптарымның басты элементтері су мен мұзда. Біздің денеміздің басым бөлігі судан тұрады. Әлемде қаншама адам су тапшылығын сезінуде. Ғаламдық жылынудан, мәңгі тоң қабаттары еріп, мұздықтар құрып кетудің алдында тұр», – дейді музыкант Терье Исунгсет. Мұз оркестрдің соңғы концерттерінің бірі Лондонда өткен. Ал аспаптардың барлығы Норвегиядан Лондонға арнайы салқындатылған контейнерлермен жеткізілген.

ЖУРНАЛИСТ ҚАЗА ТАПТЫ



Журналистика – адам өміріне қауіп төндіретін мамандықтың бірі. Өйткені, сөз тәнге тиетін соққыдан да ауыр. Ал сөзді ретімен қолданып, шындықты жеткізе білу – журналистерге артылған үлкен міндет.

Тағы бір тілші кісі қолынан көз жұмды. Жазығы – қылмыс тақырыбында қалам тербейтіні. Әрине, біреудің қылмысын әшкерелеп, біреудің жымысқы ісін жариялап, әділет туын орнатып жүрген тілшіні кез келген адам түсіне бермеуі мүмкін. Қанды оқиға Мексикада болды. Гумаро Перес Агиландо баласының жаңа жылдық мерекесіне қатысу үшін мектепке келген кезде оққа ұшты. Журналистің өліміне оқушылар мен ата-аналар куәлік етті. Веракрус штатындағы жантүршігерлік жағдай журналист болудың қаншалықты қиын екендігін көрсетті. Перес жергілікті басылымдардың бірінде тек қылмыс тақырыбында өткір-өткір мақалалар жазып, халық мүддесін қорғап жүріпті.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВҚА ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛАДЫ



Мәскеудің Даниловский ауданындағы Подольск тас жолы мен Павлов көшесінің қиылысына Шыңғыс Айтматовтың ескерткіші орнатылмақ. Бұған дейін бұл жерде әлем таныған жазушының атында алаң ашылған еді.

Мәскеу мэрі Сергей Собянин ескерткішті 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін аяқтауды тапсырды. Ескерткіштің қаржылық-жобалық жағын, сонымен бірге, оны орнату, маңайын абаттандыру жұмыстарын Қырғызстан жағы өз мойнына алмақ. Жұмсалатын шығын көлемі 28 миллион сомды құрайды. Мәскеу қаласының басшылығы Қырғызстан Елшісінің маусым айындағы ұсынысын бірауыздан қолдады. Бұл Шыңғыс Айтматовтың 90 жылдығына орайластырылып отыр. Адамзаттың Айтматовы атанған қаламгерге деген құрмет түгесілмейді. Қырғыз халқының тағдырымен әлем әдебиетіне үлес қосқан жазушының оқырманы миллиондап саналады.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№143 (18419)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 28 желтоқсан, 2017 жыл.

Еліміздегі татулықтың, бейбітшіліктің, тұрақтылықтың негізгі қозғаушы күші ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы атқарған жұмыстарды атауға болады. Өйткені, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға этномәдени орталықтардың белгілі бір деңгейде ықпал етіп отырғаны анық. Осы орайдағы мәселелер «Бірлік және келісім – рухани жаңғырудың негізі» атты облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXIII сессиясында сөз болды. Талдықорған қаласында жаңадан ашылған Салтанат сарайында өткен алқалы жиынды облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ ашып, жүргізіп отырды.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен белсенділері, облыстық басқарма басшылары, аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, ішкі саясат бөлімдерінің басшылары, Қоғамдық келісім, аналар кеңестерінің, облыстық этномәдени орталықтардың төрағалары, «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» қызметкерлері, республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан жиында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай «Алматы облысында Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық сананы модернизациялаудағы жұмысының негізгі бағыттары» тақырыбында баяндама жасап, Жетісу жерінде атқарылған жұмыстардың нәтижесімен таныстырды.

– *«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында Нұрсұлтан Назарбаев бірлігі бекем, жауапкершілігі жоғары, біртұтас ұлт болу мақсатындағы қарышты қадамдарымызды, қоғамдық сананы өзгертудің жарқын жолдарын айқындап берді. Ел бірлігі, халық тұтастығы, рухани жаңғыру мен эволюциялық даму – қоғамдық тұрақтылық, бірлік пен ынтымақ жағдайында ғана қол жеткізе алатын құндылықтар, саяси және экономикалық реформалардың, ұлттық жаңғыру үрдістерінің негізі екендігін қадап айтты. Қазақстан халқы Ассамблеясының сәуір айында өткен 25-сессиясында алдымызға нақты міндеттер қойып, жүзеге асыру жолдарын белгілеп берді. 105 этнос өкілінің басын қосып отырған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы құрамындағы 71 этномәдени бірлестік өздеріне жүктелген тұрақтандырушы, топтастырушы міндетін ойдағыдай атқарып, бекітілген шаралар кешенін табысты жүзеге асырды,* – деген баяндамашының пікіріне қарағанда, мемлекеттен көптеген қолдаулар көрсетіліп келеді. Соған орай Алматы облысының көрікті жерлері мен айтулы орындарын таныстыру мақсатында «Би-Би-Си», «Әл-Жазира» секілді әлемдік деңгейдегі телеарналармен тығыз байланыс орнатылуда. Осындай іргелі жетістіктердің негізінде Жетісу жұртшылығының береке-бірлігі, татулығы, бейбітшілік сүйгіш ой, ниеті жатыр. Одан соң мінберге өзі сұранып шыққан Қазақстан кәрістері Ассоциациясының Талдықорған қалалық филиалының төрағасы Владимир Ли облыс әкімі Амандық Баталовқа ризашылық білдіріп, Ассоциация басшылығы жолдаған марапатты табыстады.

Сессияны түйіндеген модератор ҚР «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына сәйкес жыл сайын тағайындалатын қоғамдық орынбасарларын таныстырды. Биыл белсенділікпен еңбек еткен Георгий Иорданиди мен Наталья Беликке ризашылық

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

биыл көптеген жұмыстар атқарылған. Солардың қатарында облыстық аналар кеңесі «Президенттік реформа және жастардың бойында патриотизм мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру» атты республикалық семинар ұйымдастырып, Үйғыр, Панфилов, Кербұлақ, Сарқан, Ақсу аудандарында кездесулер өткізді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша барлық аудандарда қоғамдық сананы жаңғырту жөнінде жиындар өткізілді. «Туған жер» жобасымен әрбір ауылдан шыққан азаматтар игілікті істерге мұрындық болуда. Олардың қатарында Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіров, кәсіпкерлер Бауыржан Оспанов, Хасан Абуов, республикалық «Алтын сапа» белгісінің иегері Закиржан Кузиев, ағайынды Усеин мен Зияддин Касановтар, Александр Бузыкин сияқты көптеген белгілі азаматтар бар.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы бойынша облыстық комиссияның қарауына 312 тұлғаның кандидатурасы түсіп, Республикаға 100 адамның есімі жіберілді. Нәтижесінде 6 жерлесіміздің есімі жалпыхалықтық дауысқа ілініп, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Асар» қоғамдық бірлестігін құрған Елдос Баялышбаевтың аты ел аузында қалды. Сонымен қатар, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде «Жетісу – достық өлкесі» атты кітап шығарды. Сондай-ақ, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетімен бірлесе құрылған «Рухы бекем, киелі мекен – Жетісу» атты ғылыми-танымдық экспедиция облыстың бірқатар аудандарын аралап, ел ұғымында қасиетті саналатын мекендермен танысты. Басқа да жетістіктер жетерлік. Оның бәрі де еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы игілікті істер.

Баяндамашы келтірген мәліметтерге ризашылығын білдірген облыс әкімі Амандық Баталов бұдан соң Жамбыл аудандық Қоғамдық келісім кеңесінің мүшесі Надежда Лушниковаңы, Ақсу аудандық Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаевты, Талдықорған қалалық «Видергебург» неміс тер қоғамының белсендісі Евгения Еременконы, Еңбекшіқазақ аудандық Қоғамдық келісім кеңесінің мүшесі Оксана Бондаренконы жарыссөзге шақырды. Олардан кейін мінберге көтерілген облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев өзі басқаратын саланың жұмысына қатысты баяндама жасады. Оның айтуынша, Жетісу жерінің жетістікке жетуі жолында айтқан соң облыстық Ассамблея төрағасының қоғамдық орынбасарлығына кандидатуралары бекітілген Саид Чатуев пен Атсалим Идиговтің жұмысына табыс тіледі.

XXIII сессия жұмысын қорытындылаған Амандық Ғаббасұлы облыс көлемінде ұлтаралық татулықты нығайтып, қоғамдық келісімді дамыту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Алқалы жиын соңында Ассамблеяның негізгі қызметі мен басты бағыттарын іске асыруда және насихаттауда еңбекқорлығымен танылған Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен белсенділері, сала қызметкерлері марапатталды.

СЕЛЕКТОР

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНЫҢ БАРЫСЫ

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жылу беру маусымының өту барысы мен астық нарығын тұрақтандыру шаралары қаралды. Алдыңғы мәселе бойынша ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев пен Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек, ал еліміздің астық нарығында қалыптасқан жағдай туралы ҚР Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов баяндады.

Жетісу
Қажет АНДАС

Энергетика министрінің айтуынша, қазақстандық тұтынушылар электр және жылу қуатымен толық көлемде қамтамасыз етілген. Биыл 8 энергетикалық торап, 57 қазандық, 35 турбина, сондай-ақ, 24 мың шақырым электр желісі жөнделген. Жалпы алғанда, отандық электр стансыларының отын қоймаларында 4,3 млн. тоннадан астам көмір және 111 мың тонна мазут жиналған, бұл бекітілген нормаларға сәйкес келеді.Өз кезегінде Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек көмір тасымалдау жағдайы туралы мәлімдеді. Бүгінгі таңда Қазақстанда көмір тасымалдауға арналған ашық вагон паркі 50 мыңнан астам бірлікті құрайды.

Жылыту маусымына дайындық басталғаннан бері 43,5 млн. тоннадан астам көмір тасымалданды, бұл жоспардың 98 пайызын құрайды. Жылыту маусымы өңірлерде де штаттық режимде жүріп жатыр. Қазіргі жағдай туралы облыс әкімдері мен Алматы, Астана қалаларының әкімдері баяндады. Бұл тұрғыда біздің облыстағы жағдай көңіл қуантады. Десе де, Премьер-Министр тиісті министрліктер мен жергілікті атқарушы органдарға жылу беру маусымының өту барысын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Қайрат Айтуғановтың айтуынша, әлемдік нарықтағы бағалар орташа мерзімдік кезеңде тұрақтанды және олардың көтерілу үдерісі байқалуда. Сонымен бірге, іргелі факторлардың болмауына қарамастан, қыркүйек айынан бастап ішкі нарықта бағалардың төмендеуі және сұраныстың қысқаруы жүріп жатыр. Бұған Ресейдегі рекордты астық түсімі әсер етуде. Осыған байланысты астық нарығын тұрақтандыру үшін бірқатар шара қарастырылып жатқаны мәлім болды.

Ұсынылған шаралардың маңыздылығы туралы Қазақстан Фермерлер одағының төрағасы Әуезхан Даринов пен бірқатар ірі астық өсіретін облыстардың әкімдері түсініктеме берді. Осыған орай, астықты сатып алу бағаларын көтеру туралы шешім қабылданды. Осыған байланысты облыстардың әкімдеріне қоғам, өңірлік кәсіпкерлер палаталары өкілдерінің қатысуымен сатып алу бойынша арнайы штабтар құру тапсырылды.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Салтанат сарайында идеологтар слет өткізді. Мақсат – «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстарды қорытындылау. Жиынға Батыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Бақытжан НАРЫМБЕТОВ қатысты. Сондай-ақ, барлық аудандардың ішкі саясат бөлімі жетекшілері слетке атсалысты. Алғашқы сөзді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам АЛПЫСБАЕВ алып, ел Президентінің бағдарламалық мақаласына орай іске асырылған жұмыстарға тоқталды.

ЖЕТІСУДЫҢ сәулетіне сүйсінді

«Облыс көлемінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша 4,5 мың шара өтті. Оған барлығы 800 мың адам қатысты. Аймақтық сакральді карта құрылып, нәтижесінде 57 қасиетті орын есепке алынды. Оның 14-і республикалық картаға енгізілді. Біздің өлке туризмге сұранып тұрған аймақ. Қызмет көрсету саласын жандандырса, демалушылар саны артатыны белгілі. Сондықтан, «Туризм» бағдарламасына орай өлкетану шараларын ұйымдастыруға байланысты жаңа жүйе енгізілді», – деді ол.

Жиын барысында облыстағы атымтай жомарт азаматтардың бастамасымен «Туған жер», «Атамекен» бағдарламалары аясында 218 әлеуметтік нысан салуға жобалар дайындалғаны айтылды. Аталмыш әлеуметтік нысандардың құны – 10,5 млрд. теңге. Бағдарламалардың іске асуын баспасөз беттерінде жариялау жүйелі жүргізілуде. Бұл орайда газет-журналдарға 1663 мақала жарияланып, телеарналардан 517 сюжет өткен. Бұл күнгі басқосуда «Кәсіпкер» журналының редакторы Гүлжиян Сүлейменова сөз сөйлеп, ішкі саясат басқармасының бүгінгі күні атқарып жатқан жұмысына, елді береке-бірлікке ұйытудағы рөліне тоқталды. «Мемлекет басшысының мықты ұстанымының нәтижесінде еліміз гүлденіп келеді. Алпауыт елдер бізбен санасатын дәрежеге жеттік. Қазақ жеріндегі татулыққа әлем елдері қызығады. Осының бәрі ішкі саясат жұмысының нәтижесі. Ендеше, ел игілігі үшін атқарып жатқан жұмыстарың алға баса берсін», – деді Гүлжиян Мағданқызы.

Слетте аудандардағы бөлім басшылары бағдарлама аясында жүргізген жұмыстары жайлы айтты. Жылды қорытындылаған басқосуда саланың майталмандары марапатталды. Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарын алған мамандар алдағы уақытта да ұйымдастыру жұмысында белсенділік танытатынын айтты.

Жиыннан шыққан соң идеологтар Журналистер үйін аралады. Басқа облыстардан келген қонақтар ақпарат таратуға жасалған мүмкіндіктерді көріп, жетісулықтардан үйренетін нәрсенің көп екенін жасырмады. Салтанат сарайы мен Журналистер үйінің сәулеті келушілердің таңдайын қақтырды.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН

Баланың шат күлкісі мен қуанышына ештеңе жетпейді. Олар үшін әр мереке қуаныш. Әсіресе, Жаңа жыл – былдырлаған бүлдіршіндердің асыға күтетін мерекесі. Осыған орай облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ балаларға жаңажылдық көңіл-күй сыйлау мақсатында «Айналайын» балалар үйіне барып, бүлдіршіндерді Жаңа жылымен құттықтады.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕЕВ.

Жетісу
Айдар ҚАЛИЕВ

Облыстық «Айналайын» Балалар үйі – ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балдырғандарды тәрбиелеп, оларды қанаттандырып, жетілдіретін білім мен тәрбиенің ошағы. Мұнда балалардың қуанышы еселене түсуі үшін әр мереке жоғары деңгейде аталып өтеді. Балалар да өз өнерлерін көрсетеді.

Шара балалардың мерекелік концертінен бастау алды. Бірі би билеп, екіншісі ән айтып өнерлерін ортаға салды. Былдырлаған бүлдіршіндердің әр қимылы тамсандырады. Әсіресе, ұлттық нақыштағы киімдері көздің жауын алады. Шараға келген жұрт балалардың өнеріне тәнті болды.

Осыдан кейін Амандық Ғаббасұлы сөз алып: «Құрметті бүлдіршіндерім, сендерді Жаңа жылдарыңмен құттықтаймын. Сендер ең бақытты жансыңдар. Сендердің Нұрсұлтандай қамқоршы, мейірбан аталарың бар. Біз де өздеріңдей бала болып, Жаңа жылды асыға күтетінбіз. Өйткені, Жаңа жыл үлкен армандарға бастайды. Аңсаған армандарың орындалып, биік белестерді бағындырыңдар. Бұл ғасыр – білім мен ғылымның ғасыры. Сондықтан талапты, өнерлі болыңдар. Тәуелсіз еліміздің гүлденіп, Жетісудың мақтанышына айналыңдар. Сендердің шат күлкілерің мен бақытты балалық шақтарың біз үшін үлкен байлық. Бақытты сәттерің көп болып, жүректерің мейірімге толсын, – деп ақжарма тілегін ақтарып, «Айналайын» балалар үйіне ноутбук, бүлдіршіндерге сыйлықтар табыстады.

БРИФИНГ

Елбасының тапсырмасы бойынша әр өңірдегі қоғамдық- саяси ахуалға мониторинг жүргізу мақсатында мобильді қосымша мен интерактивті карта әзірленуде. Бұл жоба Жетісу жерінде де қолға алынып, облысымыздың әлеуметтік шиеленіс картасы дайындалуда. Аталмыш мәселе өңірлік коммуникациялар қызметінде толық тарқатылды. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев пен облыстық прокуратура өкілі Ербол Ботбаев өңіріміздегі экономикалық шиеленісті бағалау әдістемесі жөнінде айтып берді.

ШИЕЛЕНІС КАРТАСЫ ДАЙЫНДАЛДЫ

Жетісу
Құралбек СӘБИТОВ

Аталмыш карта облыстағы барлық елеулі оқиғаларды көрсетіп, төтенше жағдайлардан хабар беріп, қоғамдық-саяси ахуал мониторингісін жүргізуге жол ашпақ. Әлеуметтік картаға жұмыссыздық деңгейінен бастап қылмыстық оқиғалар жайлы деректер, арыздар жинақталып, жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдары арқылы беріліп тұратын болады. Рустам Әлиұлының айтуынша, әлеуметтік тұрақтылық деңгейіне тікелей немесе жанама түрде әсер ететін объективті деректерді айқындайтын критерийлер жинағы әлеуметтік шиеленіс картасында көрініс таппақ. Уақыт барысында үнемі жаңартылып отыратын деректер картаға енгізіліп отыратын көрсеткіштердің динамикасын көрсетеді. Ал бұл жайт мамандарға әлеуметтік көңіл-күй деңгейін анықтауға және болжауға, шиеленісті болдырмау үшін мәселелерді шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Көрсеткіштері үлкен аймақтар дағдарыс нүктелері болмақ. Сондықтан оларға баса назар бөлініп, сарапшылар тарапынан егжей-тегжейлі бағалау берілетін болады. Ербол Ботбаевтың сөзіне сүйенсек, әлеуметтік шиеленіс картасы құқық қорғау органдары мен облыстық басқармаларының жұмысын шоғырландырып, статистикалық деректерді біріктіруге және сақтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, облыстық салалық басқарма департаменттері мен құқық қорғау органдарының ақпаратын бір жерге шоғырландырады. Осының нәтижесінде туындаған шиеленістер дер кезінде шешімін тауып отырмақ.

Бүгінде картаның орысша нұсқасы әзір, ал қазақшасы жыл соңына дейін дайын болады. Сөз соңында спикерлер статистикалық деректерді шұғыл жаңғыртып әрі нақтылау мақсатында облыстық «Талдау және болжау» орталығы құрылуда екендігін айтып өтті.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

Жаңа айдар: САЯСАТ САХНАСЫ

ЖАҢАН НАЗАРЫНДАҒЫ ЕЛ



Барша адамзат жер атты көгілдір ғаламшардың амандығына мүдделі. Өйткені, басқа бірде-бір ғаламшар адам баласын бауырына баса алмайды. «Туған жер» ұғымының кеңдігі де осыған саяды. Алайда өзекті пенде атаулы өзі өмір сүретін ортаның шаңын шығарып, қоқысын қопсытып тастауға құмар. Тұмса табиғаттың ту-талақайын шығарып, тап-таза суы мен ауасын ластаудан адамзаттың өзге жаратылыстарға орын бермейтіні тағы бар. Ең сорақысы – өзгені өлтіруге құмарлық әлі күнге толастамай тұрған қасірет. Соның жетегімен әлемде өзгелерді кемсітуге, басынуға бағыт алған басқыншылық идеясы бейбіт халықтың бүтіндігін бытыратып, балапандарды босқыншылықтың ұйығына түсіруде. Оның дәлелін өз елінде өлім тауып, өзге жерде жәутеңдеген сириялықтардан көреміз.

Қазақ халқының жанашырлығы биыл Астанада өткен Сирия процесінен айқын көрініс тапты. Себебі, күллі әлем көз салған Шам алқабындағы алапат ешкімді бейжай қалдырмауы тиіс қателік болатын. Сол қателікке ұрынған, жалған сенімнің жетегіне ергендер қара ту көтеріп, Ислам халифатын құру үшін өзгелерге өлім құштырмаққа құмарланды. Алайда «өзгеге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле» дейтін қазақы тәмсілдің растығына тағы бір мәрте көз жеткіздік. Ресей, Түркия, Иран сияқты алпауыт мемлекеттердің күш біріктіруімен ДАИШ-тың ту-талақайы шығып, өркөкіректене өзеуреген лаңкестердің басынан бұлт ауды. Ақырында жақындағы шекара арқылы із суытып, жазадан қашып құтылуға тырысқандар көршілес мемлекеттерге жылыстады. Қазір қашып-пысқандардың артында қалған әйел, бала-шағасы босқындарға арналған лагерьлерде жан бағуда. Осыған байланысты еліміздің Сыртқы істер министрлігінің консулдық бөлімінің басшысы Ардақ Мадиев «Каравансарай» порталына берген сұхбатында: *«Сириядағы лаңкестердің қатарында соғысқан қазақстандықтардың көпшілігі қаза тапты. Бірақ олардың артында қалған балалары босқындар лагерін мекен етуде. Қазір барлық құзырлы органдармен бірге сол балаларды іздестіру және туған жеріне қайтару үшін арнайы жоспар жобалануда»*, – деп бүлдіршіндерге жанашырлық танытты. «Өз қолыңды өзің кесе алмайсың» деген осы. Шынында сәбилердің лаңкестікке еш қатысы жоқ. Алайда ес біліп, оң мен солын танып қалған балаларды толық тексеруден өткізген жөн. 21-22 қарашада Астанада өткен Сириядағы соғысты тоқтату жөніндегі келіссөздердің соңғы отырысында қазақстандық сәбилерді Отанына қайтару мәселесі көтерілген-ді. Еліміздің Ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі деректерге қарағанда, дәл қазір Сирия мен Ирақта босқындықтың қамытын киген қазақстандық 390 бала жүр. Олардың бәрі де 16 жасқа толмағандар.

Желтоқсан айының бас кезінде «Тенгри Ньюс» интернет порталына сұхбат берген ҰҚК төрағасының орынбасары Нұрғали Білісбеков 63 баланың елге келгендігін, тағы 50 баланы әкелу жұмыстарының жүргізіліп жатқанын айтқан болатын. Және сол балалардың елге бәрі де елімізге келген сәттен бастап, Сыртқы істер министрлігі және Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен оңалту шараларынан өтеді.

Әрине, соғыстың ортасында дүниеге келіп, атыс-шабыстан көз ашпаған сәбилерге қолдау көрсету керек-ақ. Әйтпесе, қоғамнан, ағайын-туыс пен дос-жараннан, көше мен мектептен түртпек көрген бала көңілге қара дақ түсуі бек мүмкін. Қоршаған ортаға сіңісе алмаған жеткіншектің лаңкес әкесін тұлға тұтуы оңай. Сол үшін де дұрыс тәрбие, ықыласты құшақ, ақжарқын пейіл адасқан ұрпақтың ұят-ожданын, Отанға деген сүйіспеншілігін оятуы тиіс. Шындығында «Өз ұлың өзектен тепсең де кетпейді» дегенді айтқан бабалар тәрбиесімен елге келген балаларды ата-әжесі, аға-әпкесі, туған-туысы қамқорлығына алғаны жөн.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 13 қарашада өткен халықаралық «Астана клуб» форумында Орта Азия елдерінің басшыларына аймақтағы тыныштықты, бейбітшілікті бірлесе сақтауға ұсыныс жасады. Сол арқылы егінін салып, малын қоралап, бейбіт жатқан елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігін баса айтты. Өйткені, бүгінгідей дүрбелеңге толы әлемде Жер үшін аса қауіпті қадамдардың жасалып жатқаны жасырын емес. Шынашақтай ғана Солтүстік Кореяның алпауыт АҚШ-қа қоқан-лоққы жасауы, Ресей Федерациясына салынған санкциялық шектеулер, Үндістан мен Қытай арасындағы шекаралық текетірес, Палестина астанасын өзіне меншіктеген Израиль, аштық пен құрғақшылықтан көз ашпаған Африка елдері, Рохинья мұсылмандарын ашық қырғыншылыққа ұшыратқан Мьянма мемлекеті, бәрі-бәрі өзекті жанды алаңдатады. Оның артында атом бомбасының жарылысына апаратын қатерлі құбылыс – үшінші дүниежүзілік соғыс өртінің тұтану қаупі тұр. Бетін аулақ қылсын деп тілейік, ғаламдық соғыстың зардабы мен шығынының, қасіреті мен қайғысының орасан болары анық. Осыны жақсы ұғынған Қазақстан Президенті көршілес мемлекеттерді ауызбірлікте болуға үндеді.

Расында жақын көршімен арадағы татулық алыстағыны жақындатады, шалғайдағыны қайтарады. Бүгінгідей аймақтағы әріптестік тап болып отырған ортақ мәселелердің қатарында лаңкестік пен экстремизм, есірткі тасымалы, ұйымдасқан қылмыс, босқындық және адам саудасы сынды өзекті тақырыптар бар.

Оның сыртында табиғи апаттар, экологиялық мәселелер, су ресурстарын бірлесе пайдалану секілді аса маңызды салалар жатыр. Солардың бәрі де дұрыс шешім қабылдауды талап етеді. Бұл орайда кеткен қателік, болған кемшілік үлкен өкінуге апарары сөзсіз. Көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Ресей елдерімен арадағы шекара толық бекітілген деп айта алмаймыз. Рас, шекара қызметі қырағы күзетін тоқтатпайды. Дегенмен, көзден таса, қалтарыс-бұлтарыстағы өткелден Сириядан қайтқан босқындардың бой жасырып өтпесіне кім кепіл?! Сондықтан қоғамның қырағылығын арттырған дұрыс. Бұл құзырлы органдардың ғана емес, жалпы халықтық мәселе. Ендеше, оны дұрыс түсіндіріп, дұрыс бағыттай білген ләзім.

Шыны керек, «Әркімнің туған жері – Мысыр шәрі» деген жалғыз ауыз сөзбен кіндік қаны тамған топырақтан артық жерді таппағанын айтқан аталарымыз елдің іштен ірігенін, іштен бұзылғанын қаламаған. Тентегі мен телісін өзі түзеген. Теріс тартқанын аяусыз жазалаған. Айтқанын орындатып, түзу жолға салудың арқасында талай ұлтты бауырына басып, өз ішіне кіргізіп алған. Дәл сол секілді адасқан жанның үйірін табуына мұрындық болу кісіліктің үлкені деп білемін.



Мәди АЛЖАНБАЙ

АСТАНА – 20

АРҚАНЫҢ АЙҚАРЫ



Біздер кешегі көк түріктің ұрпағымыз. Анықтап айтсам, алысқанның жолын кесіп, жонын жұлдық, тайсақтап кері шегінуді, еңбектеп тізерлеуді білмедік. Татулықты ту еткен елмен етене араластық, қадірімізді білмеген жұртқа жуған жоқпыз. Сыйласқанға құл болдық, сынасқанға иілген жоқпыз. Біз – кедей халықты бай, аз халықты көп қылған Күлтегін мен Тоныкөктің ізбасарымыз, жарты әлемге патшалық еткен көне ғұнның ұрпағымыз. Алтын адам боп алысқа асқақ қараған сақ пен үйсіннің сынығымыз. Алаш ұранымен қиқулап атқа қонғанда рухтанып кететініміз ақиқат. Қайсы қасиетімізді айтайық, қысқасы, ен даланы еркін жайлаған жайсаң елдің перзентіміз.

Десе де, басымыздан ашы азап, азалы күн, қиындықтың қыспағы көп өтті. Дәуірдің басқа салған қайғысынан кең көсіліп отыра алмадық, тарғалаң тірлікке тұншықққан кезіміз де болды.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.

Қарындастан айырылған жаман екен,

Қара көзге мөлтілдеп жас келеді, – деген сұрқай заман да өтті басымыздан. «Мың өліп, мың тірілген» халқымыз жанын сақтап, ұрпағын аман алып қалудың қамымен Алқакөлде сұлап, «Елім-айлап» зар шегіп, қара жамылды. Рухы мықты халықтың жігерін бұл сынақ та сындыра алған жоқ. Араға аз жыл салып, өлгеннің орнын өміршең буын алмастырып, ата рухына тәу етіп, тағы да ұрандап атқа қонды. Бес қаруын серт ұстап, тірлігін қолының қарымына тапсырып, болашақ байлығын тұлпарының тұяғынан дәметкен батыр бабалар қасиетті даламызды ата жаудың талауынан азат етті. Қаратауды паналаған қалың ел енді Алтай мен Жетісуға қайта ойысты. Көші байырлап, көлігі тыныпып қалған бейбітсүйгіш халықтың тыныштығын тағы да отарлаушы елдер бұзды. Тұнып тұрған байлыққа тұлға болмақ болған тоталитарлық жүйенің топалаңы қанағатшыл қазақты торғайдай тоздырды. Алайда жігерін жасыта алған жоқ. Атып-шауып, қырып-жойып, санын азайтқанымен, сағын сындыра алмады. Болашаққа жеткізер бағыттан сақлау тауып, желтоқсанда жер мен елдің қадірі үшін алаңға шығып, мызғымастай болған кеңестік биліктен тәуелсіздігімізді тартып алдық. Сарыарқаның төсіне жаңа Астана салып, әсем Алматының баурайынан ерке Есілдің бойына қарай қазақ көші бағытын түзеді.

Бұл көш заманалар еншісінен қалған көштен басқаша, салиқалы да салтанатты еді. Бұл көш қазақтың бақытын қорғап қалу үшін жасалған шарасыздық емес, керісінше, болашағын бекемдеп, әлемдік өркениетке жақындап, басқаларға айбар көрсетудің ақылды жолы-тұғын. Елбасы ғасырлар бойы ұлы арманға айналған, күрмеуі қиын мәселелерге батыл кіріскені. Ұлттық рәміздерді біржақты шешіп алған соң жаңа астана жайлы ойларға ойысты. Ұлы Даланың перзенті болғандықтан, туған жеріне ту тігетін тәуелсіз елінің көк байрағы еркін желбірейтін астанасын қай тұстан салатынын таразылап, ұзақ толғанды. Өйткені, астананы ауыстыру – мемлекеттік дамудың перспективаларын толықтай жүзеге асыруға саятынын бағамдады. Ақыры қуатты мемлекетінің төл астанасы қасиетті қазақ жерінің кіндігіне, Еуропа мен Азияның құшағы қауышқан Ақмола қаласында орын тебуі қажет деген шешімге тоқтады. Демек, қала тек астана ғана емес, стратегиялық орталық болғаны анық. Рас, болашақ астана тоғыз жолдың торабында орналасуы оның экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешуге икемділігін жоққа шығармайды. Даланың самал желіне кеудесін айқара ашқан қала ауасы таза, байтақ сахараның өмір шырынынан нәр алған тіршілік қызықтарына толы. Талай адам әлемнің біраз астанасының ауасынан Астана ауасының ғажайып өзгешелігі тазалығы мен тұнықтығында деп бұл жағдайға бірден назар аударатынын Елбасының өзі мақтаныш сезіммен еске алады. Астананы көрген кез келген эстетикалық талғам иесі қазақ деген халық астана да сала алатынын, «Орда» да тұрғыза алатынын жалпақ әлемге әйгіледі. Мүлдем жаңа астана салу оңай жүзеге асатын шаруа емес, маман, құрылысшы, шаш етектен қаржы қажеттігін әркім-ақ түсінеді.

Биыл қазақ Астанасы әлемдік көштің ордасына айналғандай болды. Барша қазақ елі дөңгеленген дүниені үш ай бойы жаңашылдық пен жаңғырудың жасампаз рухына бөлеп, «жасыл» дамудың жаңа белестеріне бастады. Былайша айтқанда, бүкіл дүниенің озық жетістігін жаңа Елордамыз бір көрмеде ғана көрсетті. Көрмені көруге келген қонақтар тұтас дүние Сарыарқаның сайын даласына көшіп келіп орнай қалғандай сезімде жүрді. Тілі, түрі бөлек жүздеген елден келген мыңдаған қатысушы көшпенді өркениеттің жүрегімен танысты. Қысқасы, бұған дейін де бейбітшілік пен келісімнің мекені болған қазақ даласы сол қасиетін тағы бір паш етті.

Қ. ОМАРАҚЫН.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мұрат Көмекұлы әдеттегіден тым ерте оянып, жолға дайындала бастады. Мақсаты – айқын. Ауылдағы аңқылдақ ағайынға қолдан келгенше көмек көрсету. Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы азаматтардың туған жерге көңіл бөлу жайлы ойы бұрыннан ойында жүрген мақсаттарына қозғау салды.

ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗЫН ӨТЕГЕН

Расында ол Райымбек ауданының адамдары тұрмақ, таутасын да сағынып тұрады. Туған ауылына бір септігі тиіп жатса көңілі марқайып қалатын әдеті бар. Әрбірден кейін, балапан қанатын ерте қатайтып, еңбекке баулыған да сол ауылы емес пе?! Үлкен өмірге араласқаннан кейін үйдің де, шаруашылықтың да еңбегіне жегілетін балалық күндерін сағынатын. Құдайға шүкір, еңбекқорлықтан жаман болған жоқ. Бүгінде Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханаңың тізгінін ұстап, шаруашылығын дөңгелентіп отырғаны балалық шақтағы ауылда алған тәрбиенің, тәжірибенің, бауырмалдықтың жемісі. Ат жалын ұстап мінгелі шамасы келгенше ауылдастарына көмек көрсеткісі келіп тұрады. Оны әсіресе, шалғайдағы ел-жұрттың денсаулығы қатты алаңдатады. Қарапайым халықтың «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде», – деп жүре беретініне таңғалады. Аурудың асқынатыны саналарына да кірмейді-ау. Кейбіреуді емханаға сүйреп әкелмесең мүлде денсаулығын ойламайды. Сондықтан болар, ол дәрігерлерден бригада жасақтап, ауыл адамдарына медициналық көмек көрсетіп тұруды әдетке айналдырған. Соның нәтижесінде көпшіліктің байқалмай жүрген сырқатын уақытында анықтауға мүмкіншілік туды. Ал, алдына келген жанның кеселінен айығуына бар білім-білігін арнау ол кісінің өмірлік ұстанымы. Ауылға келсе ел-жұрт қайырымды жаңға шешілмей жүрген мәселелерін айтып қалуға тырысады. Соңғы барғанында ауыл ақсақалы: «Мұратжан-ау, өзің бас болып, Сүмбе мен Нарынқол арасына жол салдырып берсеңші. Ауырып-сырқап қалсақ орталыққа жету мұң», – деп наз айтпасы бар ма?!

Дәрігерлік шара болса бір сәрі, бұл өзі үлкен қаражатты керек ететін әлеуметтік маңызы бар жұмыс. Көпшіліктің өтінішін жерге қалдыруға болмайды. Құзырлы мекемелерге кіріп, бұл мәселені де шешті-ау, әйтеуір. Бюджеттен 360 миллион қаражат бөлініп, елді мекенге даңғыл жол салынды. Облыстық жол басқармасының басшысы Ержан Жасыбаев жолдың салынуына өзі басқөз болды. Күрежолдың бойындағы қазақы киіз үйдің қара шаңырағы іспетті аялдамасы қандай десеңізші?! Көрген адам жайылығы мен сәулетіне таңдай қақпай өтпейді.

Бүгін де Мұрат Көмекұлының аудан орталығында өтетін жерлестер форумына таң қараңғылығымен аттанғаны жақсылықтың нышаны. Ондағы мақсат – ауданнан шыққан қалталы кәсіпкерлердің басын қосып, жастарға арнап Спорт кешенін салдыруға ұйытқы болу. Жол шалғай. Бірақ, бару керек. Бұл бастама – ауыл жастарының салауатты өмір салтына бет бұруына үлкен көмек. Қайырымдылық жасау Мұрат Көмекұлының маңдайына жазылғандай. Ол туған ауылы былай тұрсын, жалпы Райымбек ауданы үшін көмек қолын созудан еш аянған емес. 2017 жылы өзі басқарып отырған облыстық аурухана дәрігерлері К. Нұрғалиев, Н. Құмаров, А. Қожамжаров, С. Ким, А. Әлімқұлова, Э. Ақмырзаевалар Райымбек ауданы, Кеген мен Нарынқол елді мекендерінің 1600 тұрғынына екі рет медициналық көмек көрсетіп қайтты. Кейіннен Жалаңаш, Ақай, Тоғызбұлақ, Саты ауылдарын аралап, 700-ден астам адамды медициналық тексеруден өткізді. Елдің алғысында шек жоқ. Бұл – облыстық ауруханаңың директоры Мұрат Рахметовтің ауылдастарының алдындағы перзенттік парызын өтеуі. Аталмыш шара дәрігердің адамзат үшін жасаған жақсылығының бір бөлшегі ғана. Аңқылдақ азаматтың ел-жұрт алдында атқарсам деген мақсат-мүддесі әлі де көп.

Мырзахмет ЕРЕЖЕПОВ.

КООПЕРАТИВ – АУЫЛ КЕЛЕШЕГІ

Ел ырысы еселенді

Биыл жыл басынан 1 тамызға дейінгі аралықта елде 517 ауылшаруашылық кооперативі құрылды. Бұл өткен жылы 467 кооператив құрамыз деген Ауылшаруашылық министрлігінің жоспарынан асып түсті. Облыста бұл жұмыс өткен жылдан жаңа қарқынмен жүргізіліп, барлығы 430 құрылтайшының бірігуімен 53 ауылшаруашылығы кооперативі құрылды. Мемлекеттік бағдарлама аясында 2021 жылға дейін 60 мың агросубъектілердің бірігуімен 600-ден астам ауылшаруашылық кооперативін құру жоспарда бар. Осы ретте Алакөл ауданында былтырғы индикативті көрсеткіштерінің пилоттық жобасы бойынша 7 кооператив құрылып, жоспар артығымен орындалды.

Қажет АНДАС
«Жетісу»

Айталық, Ақжар ауылдық округінде «Ақжар сүт» кооперативі «Ауылшаруашылығы қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 20 жеке қосалқы шаруашылыққа 41,3 млн. теңге несие алып, 190 бас ірі қара малын сатып алып, «Фуд Мастер»АҚ-мен келісімшартқа отырып, жұмысын жүргізуде. Сүтті жинайтын танкер мен салқындатқышты «Фуд Мастер» АҚ келісімшарт негізінде орналастырып берілпті. Қосымша «Ауылшаруашылығы қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы жалпы құны 5 млн. теңге тұратын сүт қабылдайтын модуль сатып алып, жұмыс ауқымын ұлғайтқан.

Үшарал қалалық округінде «Қабанбай-Агро» ет бағытында, Ақтүбек ауылдық округінде «Beskol-agro» ет-сүт бағытындағы кооперативтер құрылған. Мақсаты — ауылдық округтердегі шаруашылық құрылымдары мен жеке қосалқы шаруашылық ірі қара малына етті бағытталған асыл тұқымды «Ангус» бұқасымен қамтамасыз етіп, селекциялық асылдандыру және мал бордақылау алаңдарын бұқашықтармен толықтыру. Осыған орай, биыл 39 асыл тұқымды бұқа және 40 бас асыл тұқымды қошқар әкеліпті. Алдағы уақытта кооператив сүт қабылдайтын 4 сүт салқындатқыш танкерін Жайпақ, Қызылащы, Теректі, Екпінді ауылдық округтеріне қоюды жоспарлап отыр.

Ал Екпінді ауылдық округінде «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 43 млн. теңге несие алуға 34 жеке қосалқы шаруашылық өтініш білдірген еді. Нәтижесінде, ет бағытында «Көркен» кооперативі құрылып, «Әділет» басқармасынан тіркеуден өтті. Көлбай ауылдық округінде сүт бағытында 18 жеке қосалқы шаруашылықтың бірігуімен «Көлбай — сүт» кооперативі құрылса, Қабанбай ауылдық округінде ет-сүт бағытында 20 жеке қосалқы шаруашылық негізінде «Орден» кооперативі жұмыс бастаған. Биыл отбасылық мал бордақылау алаңын құру жоспары бойынша бордақыланған мал 912 басқа жетіп, 107 пайыз орындалыпты. Ауылдық округтерден несие алуға сұраныс білдіргендердің тізімі ауылшаруашылығы басқармасына және «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау» қорына жіберілген. Бүгінде 31 қосалқы шаруашылық несие алса, екі шаруашылықтың құжаттары «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қорында» тексерілуде, сегіз шаруашылықтың несиеге қоятын кепілдемелері бағаланып, құжатары дайындалуда. Демек, бұл тұрғыдағы жұмыстар көңіл көншітеді.

Ағымдағы жылы инвестициялық жоба бойынша «Шынжылы», «Жүнжүрек» шаруа қожалықтарында үш мың басқа арналған репродукторлы шаруашылық құрылып, құжаттары заңдастырылуда. Сонымен қатар, Көлбай ауылдық округінің Бұдыр ауылында «Қайыңды» ЖШС-да 4800 басқа арналған мал бордақылау алаңы салынды. Олар желтоқсан айында мал сою алаңын іске қосуды жоспарлап отыр. Айтпақшы, Жағатал ауылдық округінде «Болашақ», Ырғайты ауылдық округінде «Күлсан» шаруақожалығы өз қаржысымен 400 бас ірі қараға арналған мал бордақылау алаңын іске қосып, жұмыс жасауда. Сонымен қатар, ақпараттық-аналитикалық жүйеге 52 ша-руашылықтан 5099 аналық бас енгізіліп, жоспар 5,2 пайызға орындалған.

Осы тұста Алакөл ауданының 2017-2018 жылдың мал қыстату науқанына мықты дайындалғанын айта кеткен жөн. Бұл мақсатта жеткілікті жемшөп қоры дайындалып, 87154 бас малды қыстан аман-есен алып шығудың қамы жасалуда. Қысқасы, алакөлдіктер алдағы уақытта мемлекеттік бағдарламалар мен пилоттық жоба бойынша көрсеткіштерді орындауға дайын.

Алакөл ауданы.

Жетісу
1918–2018
№2 (18422), 6 қаңтар, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

СЕМИНАР



ОТАНДЫҚ ТҰҚЫМҒА сұраныс жоғары

Ауылшаруашылығы министрлігі 200 млн. теңге қаржы бөліп, отандық қант қызылшасы тұқымын өндейтін кәсіпорындарды қаржыландырмақ. Егер жоба жүзеге асса, диқандар бағасы арзан, зиянкестерге қарсылығы қуатты, гектар берекелілігі жоғары тұқымдардың игілігін көрмекші. Бұл туралы Көксу ауданында өткен қант қызылшасын өндіретін шаруашылықтар бас қосқан семинарда сөз болды.

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Еліміздегі 18 миллион халықтың қантқа деген сұранысын орындау үшін 400 мың тонна қант керек. Соған орай кейінгі жылдары өңіріміздегі қант өндеу саласының қарқын алғаны байқалады.

– Алматы облысының Көксу қант зауыты былтырғы жылдары толықтай қайта жабдықталып, 224 мың тонна қызылша өңдеді. 10 жылдай тұрып қалған Ақсу қант зауыты қайта жабдықталып, іске қосылды. Болжам бойынша 100 мың тонна қант шикізатын өңдейді деп күтілуде. Ал Жамбыл облысындағы Меркі қант зауыты тұрақты жұмыс істеп тұр. Болжам бойынша 200 мың тонна қант қызылшасын өңдемек, – дейді «Жетісу» ӘК» ҰК»-нің қант қызылшасы жөніндегі сарапшысы Әбілқайыр Бексұлтанов.

Дей тұрғанмен, үш зауыт бір жылда 50 мың тоннаға жуық қант шығарып, қажеттіліктің 13%-ын ғана қамтамасыз ете алады. Ғалымдардың пайымынша, жылына 100 мың тонна қант шығарып, сұраныстың 25%-ын орындағанда ғана еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Ол үшін 1 миллион тонна шикізат қамбалануы керек.

– Өткен жылы жетісулықтар 9 мың гектар жерге қант қызылшасын егіп, 325 мың тоннадан астам шикізат жинады. Биыл егіс аумағын 11 мың гектарға ұлғайтуды жоспарлап отыр. Ал 2021 жылға барғанда 21 мың гектарға қант қызылшасы егіледі. Сол кезде миллион тонна шикізат жиналады, – дейді облыстық ауылшаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Қоюмчан Омаров.

Осындайда: «Бізде суармалы жер жетерлік. Неге бірден 21 мың гектарға қант қызылшасын сеуіп, жоспарды күні бұрын орындап тастамаймыз?» деген сұрақ туындайтыны анық. Алайда, оның да өзіндік себебі бар екен.

– Қант қызылшасы мол егілетін Алматы, Жамбыл облыстарындағы суармалы алқаптарға бұрынғы жылдары майбұршақ егілгендіктен бұл алқапты кем дегенде үш жыл тынықтыру керек. Өйтпесе, басқа дақыл өнбейді. Қант қызылшасы егілетін жердің аумағын кезеңкезеңімен арттырып отырудың басты себебі осы, – дейді сарапшы Әбылхайыр Бексұлтанов.

Қант қызылшасы аумағын бірден ұлғайта алмаудың тағы бір себебі – техниканың жетіспеуі. Қазіргі таңда қант қызылшасы бағытында облыста 15 сервистік қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Демек, бүгінде 11 мың гектар жердегі жұмыстың 85 пайызы ғана жаңа техниканың, қалғаны адам күшімен атқарылмақ.

– Жаңа техниканың қызығын көріп жүргендер де көп. Айталық, Сарқан ауданындағы «Бақалы» шаруа қожалығы 140 гектар жерден гектарына 730 центнерден, Көксудағы «Кең дала» шаруа қожалығы 90 гектар жерден гектарына 630 центнер өнім алып отыр. Бүгінде осы шаруа қожалықтарынан қалысқысы келмеген басқа шаруашылықтар техниканы жаңарту үшін күш салып жатыр. Алдағы уақытта тағы да 7 сервистік қызмет көрсету орталығы құрылмақ. Бұл жұмыс сапасын арттыруға сеп болады деген сөз, – дейді Абылхайыр Бексұлтанов.

Одан кейінгі ретте сапалы тұқымның жетіспеушілігі диқандардың қолын байлап келеді.

Мамандардың айтуынша, бүгінде жетісулықтар оңтүстік-шығыс суармалы өңірінде аудандастырылған, мемлекеттік реестрге енгізілген Ялтушковская, Белодерковская, Франция селекциясы ардан, абандаж, стратос, донуб, Германия селекциясы гримм, армин, мерак сияқты тұқымдарды көп егеді. Өкінішке қарай, шетелдік тұқымдардың өнімділігі жоғары болғанымен құны тым қымбат, оның үстіне жалықпай баптауды қажет етеді. Сондықтан оған екінің бірінің қолы жете бермейді.

– Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты тарапынан дайындалған Ақсу, Ай-Шолпан, Тараз, Алматы-шекер тұқымдары барлық қажеттілікті қамдай алмайды. Мемлекеттік сортсынау орталығында жаңа гибридтер Пушкин, Яшин, Гулливер, Живаго, Бункер, Тисерен конкурстық сынақ мерзімінде болғандықтан отандық тұқымның жетіспеушілігі байқалуда, – дейді Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты Талдықорған филиалының меңгерушісі, ауылшаруашылық ғылымының кандидаты Керімбек Қонысбеков.

Сонымен жетісулық қызылшашылар өңіріміздегі жалғыз қант қызылшасының тұқымын өндейтін Панфилов ауданындағы «Қамқорлық» ЖШС ұсынып отырған Ялтушковская, КазСив, Ай-Шолпан сияқты тұқымдарды сатып алуда.

Шаруашылық директоры Әлен Жолдасовтан білгеніміздей, аталған шаруашылық өндірген қант қызылшасының тұқымы өткен жылы мың гектар жерге егіліп, гектарына 450-650 цетнерге дейін өнім алып, диқандардың ризашылығына бөленген. Нәтижесінде, бағасы арзан, сапасы жақсы, шығымдылығы жоғары отандық тұқымға сұраныс арта түскен.

Алайда, «Қамқорлық» ЖШС базасындағы тұқым өндейтін құрылғылар ескіргендіктен өңір диқандарының сапалы тұқымға деген сұранысын толық қамтамасыз етуге қауқарсыздық танытуда.

– Облыс әкімі Амандық Баталов 25 млн. теңге қаржы бөліп, шаруашылықтың құрал-жабдығын жаңартуға қол ұшын бермекші. Осы қолдау арқылы алдағы уақытта сапалы тұқым өндіруге белсене кірісеміз, – дейді Әлен Жолдасов.

Иә, салиқалы жұмыстардың нәтижесінде өңір диқандарының адымы кеңіп, ел келешегі жолындағы игілікті істері қарқын алып келеді.

ЖАЙДАРМАН

ЖАНДЫ ЖАЙЛАНДЫРАТЫН БӨЛМЕ

Облыстық ішкі істер департаментінде Психологтар күніне орай полицейлерге арналған психоэмоциялық жеңілдену бөлмесі ашылды. Облысымызда алғаш рет ұйымдастырылған бөлмеде тәртіп сақшылары кез келген уақытта кәсіби мамандардың қызметін пайдаланады.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Лентаны облыстық ішкі істер департаментінің бастығы Мұрат Ұрымханов кесті. Аядай бөлменің безендірілуі көрген адамды баурап алады. Ашық көк және жасыл түстерден тұратын бөлменің бір бөлігінде табиғаттың, үлкен сарқырамалардың суреттері ілінген. Тетік арқылы басқарылатын әйнек ішінен жоғарыдан төмен жанаса ақкан мөлдір суды көре аласыз. Ал оның астынан түрлі түсті жарықтар ерекше әсер береді. Сарқырап аққан бұлақтың, сайраған бұлбұлдың дауыстарын және классикалық әсем әуенді естисіз. Кірген адам демалып, шаршағанын ұмытады.

Бұл жерде арнайы сабақтар болып, сақшылардың сергек жүруін қадағалайды. Бір мезетте сегіз бірдей қызметкер жайлы орындықтарға жайғасып, көңіл-күйлерін бір қалыпқа түсіре алады. Осындай адам жанына ерекше әсер сыйлайтын бөлменің ашылуына атсалысқан азаматтар «Дамыған елдердегі тәжірибе біздің елімізге де қажет!» деген мақсатты пікірлерін айтты. Қалалық ІІБ инспектор-психологы Ардақ Шәкурова: «*Жалпы полиция қызметі аса күрделі қызметтердің бірі. Күйзеліске толы және экстремалды жағдайлар көп. Түрлі жағдайлар орын алады, оның үстіне қылмыскерлермен жұмыс жүргізеді. Осындай сәттері сақшыларымыз психологтардың көмегіне жүгінеді. Ашылып жатқан бөлменің көмегі зор. Күні бойғы күйзелісті, жағымсыз энергиялардан арылтады,* – дейді.

Облысымызда қоғам тыныштығын қадағалайтын төрт мыңнан аса сақшы бар. Өңірімізде соңғы екі жылда екі полицейдің өз-өзіне қол жұмсау фактісі тіркелді. Күйзелістің алдын алу, көңіл-күйді көтеру істерімен алдағы уақытта жаңа ашылған психоэмоциялық жеңілдену бөлмесіндегі мамандар айналысады.

Мұрат Құлан-АЙ

Оңалту орталығы ашылды

Отыз үш жасар Асылбек Жалдыбаевтың жол апатына түсіп, арбаға таңылғанына биыл алты жыл болды. Жол апаты кезінде жұлын жарақатын алып, бірнеше жыл бойы төсекке таңылып жатқан еді. Соған қарамастан әртүрлі жаттығулар жасап, бір мезгіл дене қимылына ерік беретін. Осылайша өмір тауқыметін тарта жүріп бар қиындықпен күресе білді.

Қайсарлығы мен шыдамдылығының арқасында алдағы күндерден үміт үзбей, болашағының жарқын боларына сенді. Нәтижесі жаман емес. Бірте-бірте денсаулығы жақсарып, өзін-өзі күте алатындай дәрежеге жетті.

Осы жағдайға дейін Асылбектің арманы көп болатын. Заң саласы бойынша мамандық алып, болашағын адам құқығын қорғаумен байланыстырған еді. Үкілеген үміт жас жігіттің жігерін жанып, тек алға жетеледі. Сөйтіп, мүмкіндігінің шектеулілігіне қарамастан белгілі бір іспен айналысуды ойлады. Ол – өзі секілді азаматтарға қол ұшын созып, көмектесу еді. Бұл туралы ой көптен бері мазалады. Ойындағысын іске асыру үшін Асылбек Жалдыбаев кәсіпкерлер палатасының Қарасай аудандық филиалына барып, кәсіпкерлік негіздерін үйрену үшін «Бизнес Кеңесші» жобасына жазылып, білімін жетілдірді.

Сөйтіп, жеке кәсіпкер атанды. Палата мен әкімдіктің қолдауымен Қаскелеңдегі «Алтын ауыл» ықшам ауданындағы тұрғын үйлердің біріндегі жертөледен орын алды. Ғимараттың іші-сырты сырланып, ретке келтірілді. Қажетті құрал-жабдықтармен де жабдықталды. Бұл жұмыстарға Асылбектің ата-анасы көп көмегін тигізді. Жөндеу жұмыстары аяқталған соң мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оңалту орталығы ашылды. Кәсіпкер жігіт орталыққа «Күш-қуат» деген ат берді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оңалту орталығында қазір қырық шақты адамды қабылдайтын үш кең бөлме бар.

– Бұл Қарасай ауданында мүгедектерді оңалтуға бағытталған бірінші қоғамдық орталық. Осылайша, кәсіпкерліктегі алғашқы ісімді әлеуметтік мәселені шешумен байланыстырып отырмын. Алдағы уақытқа басқа да бизнес жоспарларым бар, – дейді Асылбек.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының Қарасай аудандық филиалының директоры Қонысбай Юсупалиевтің сөзіне қарағанда, жас кәсіпкердің жобасын сүйемелдеу үшін барлық қажетті құқықтық қолдау көрсетілмек. Айта кетейік, ауданда «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылатын «Бизнес Кеңесші» жобасы бойынша отыз азамат оқып, кәсіптерін ашқан. Сөйтіп, жас кәсіпкер мүгедектерге арналған оңалту орталығын ашып, көпшіліктің ризашылығына бөленуде.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Қарасай ауданы

БРИФИНГ

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, облыс бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаменті және «Жетісу жастары» ұйымының Конгресі өмірлік қиын жағдайға түскен жастардың әлеуметтік бейімделуіне бағытталған іс-шаралар бойынша қорытынды есебін өткізді. Талдықорған агротехникалық колледжінде жастар ісі бойынша жыл бойы атқарылған жұмыстар айтылып, іс-шаралар тарқатылды.

Бірлескен іс берекелі

Құралбек САБИТОВ,
“Жетісу”

«Жетісу жастары» Конгресінің жетекшісі Дәулет Ауанбаев 2017 жылдың жемісті, жеңісті болғандығынан хабар беріп, түйткілді дүниелерді де тілге тиек етті. Жыл бойы жасалған жұмыстардың негізгі мақсаты – бас бостандығынан айыру мекемелерінде жазасын өтеген жас азаматтардың әлеуметтік бейімделуіне бағытталған іс-шараларды ұйымдастырып өткізу. Сондай-ақ, жеке тұлғаның мінез-құлқына қоғамдық әсер ету, құқықтық санкциялар, медициналық араласу да міндеттің бір парасы. Педагогикалық ықпал, әлеуметтік қолдау және психологиялық көмек арқылы адамның өз өміріне жауапкершілігін өзіне алуы, өзара сенімділікті қолдау, жеке тұлға мен индивидуалдылықты құрметтеу секілді принциптеріне баулу да шара шарапаты болып табылды. М. Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде, Талдықорған медициналық, политехникалық колледждерінде, Бикен Римова атындағы облыстық драма театрында түрлі шаралар өтіп, жастардың өнері мен біліктіліктері көрсетілді.

«Бүгінгі жас көшбасшы – ертеңгі білікті маман» атты көшбасшылық қабілетті арттыратын семинар-тренингтер, көңілді тапқырлар клубы, шахмат, дойбы ойындарынан сайыстар өткізіліп, жеңімпаздар анықталды. Сондай-ақ, суицидтік және девианты мінез-құлықты жастардың жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеуметтенуі мен бейімделуіне бағытталған іс-шаралар да қолға алынған.

ЭЛЕУМЕТ

Зейнетақы заңдылықтарындағы өзгерістер және атаулы әлеуметтік көмек туралы

Әйелдердің зейнетақы жасының көтерілуі туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 11-бабының 1 тармағына сәйкес әйелдердің зейнетақы жасы 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2027 жылды қоса алғанда 10 жыл ішінде жыл сайын 6 айға көтеріледі.

Әйелдердің зейнетақы жасының көтерілуі бойынша кестесі

жыл	Зейнетақы жасы	Туылған жылы, айы, күні
2018 жыл 1 қаңтар	58 жас 6 ай	1960 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1960 жылдың 30 маусымды қоса алғанда
2019 жыл 1 қаңтар	59 жас	1960 жылдың 1 шілдесінен бастап 1960 жылдың 31 желтоқсанды қоса алғанда
2020 жыл 1 қаңтар	59 жас 6 ай	1961 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1961 жылдың 30 маусымды қоса алғанда
2021 жыл 1 қаңтар	60 жас	1961 жылдың 1 шілдесінен бастап 1961 жылдың 31 желтоқсанды қоса алғанда
2022 жыл 1 қаңтар	60 жас 6 ай	1962 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1962 жылдың 30 маусымды қоса алғанда
2023 жыл 1 қаңтар	61 жас	1962 жылдың 1 шілдесінен бастап 1962 жылдың 31 желтоқсанды қоса алғанда
2024 жыл 1 қаңтар	61 жас 6 ай	1963 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1963 жылдың 30 маусымды қоса алғанда
2025 жыл 1 қаңтар	62 жас	1963 жылдың 1 шілдесінен бастап 1963 жылдың 31 желтоқсанды қоса алғанда
2026 жыл 1 қаңтар	62 жас 6 ай	1964 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1964 жылдың 30 маусымды қоса алғанда
2027 жыл 1 қаңтар	63 года	1964 жылдың 1 шілдесінен бастап 1964 жылдың 31 желтоқсанды қоса алғанда

Әйелдердің зейнетке ерте шығу мүмкіндіктері сақталады. 5 бала туған, оларды 8 жасқа дейін асыраған әйелдер 53 жасында зейнетке шыға алады. Балалы ана жұмыс істемей отырған жағдайда бала күтімі үшін 12 жылдан артық емес, әр балаға 3 жылдан еңбек өтіліне есептеледі.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақы жүйесінің шартты-жинақтаушы компоненті енгізіледі. Ол жұмыс берушілердің өз қызметкерлерінің пайдасына 5 % жарналар есебінен қалыптастырылатын болады.

Жаңа шартты-жинақтаушы компонент зейнетақымен қамсыздандырудың жинақтаушы, сол сияқты бөліп тарату қағидаттарын қолдайды.

Қызметкерлер шартты-жинақтаушы компонентке қатысушылар болып табылады, олардың пайдасына жұмыс берушілер өздерінің қаражаты есебінен қызметкер табысының мөлшерінен есептелетін 5 % міндетті зейнетақы жарналарын жеке аударатын болады.

Шартты міндеттемелерді есепке алу жеке шоттарда жүргізіледі.

Жинақтар шартты болып табылады, мұраға қалдырылмайды және жүйеге қатысушының меншігі болып табылмайды.

Зейнетақы төлемдеріне құқық берудің өтілі 5 жылды құрайды. Төлемдер тек зейнеткерлік жасқа жеткен кезде ғана жүзеге асырылады.

Базалық зейнетақы төлемін өсіру туралы

2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны тағайындау механизмі өзгереді. Бүгінгі күнде базалық зейнетақы азаматтың еңбек өтіліне және табысына қарамастан барлығына бірдей мөлшерде тағайындалады.

Базалық зейнетақыны тағайындаудың жаңа механизмі 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін азаматтардың жинақталған еңбек өтіліне және 1998 жылдан кейін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты болуын көздейді.

Базалық зейнетақы мөлшері азаматтардың жалпы еңбек өтілінің жиынтығына қарай әртүрлі болады. Еңбек өтілі 10 жылға дейін болса, ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-ын құрайды, яғни 15274 теңге, еңбек өтілі 10 жылдан асқан жағдайда әрбір жыл үшін 2% қосылып есептеледі. 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап, егер азаматтың еңбек өтілі 33 жылды құрайтын болса, базалық зейнетақының мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100% құрайды немесе 28 284 теңге болады.

Мысалы:

бірінші ден, азамат 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін 20 жыл еңбек кітапшасымен расталатын еңбек өтілін ұсынды және екіншіден, бұл азамат 1998 жылдан кейін 15 жыл міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне аударған, ол туралы Мемлекеттік корпорациясының Бірыңғай есептеу орталығы растайды (бұрынғы МЗТО).

Республикалық бюджеттің 2018-2020 жылдарға арналған жобасына келесі жылдың қосымша қаражат қажеттілігінің жалпы сомасы 128 млрд. теңге енгізілген.

Атаулы әлеуметтік көмектің төлеуі туралы

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50 %-нан төмен отбасыларға немесе азаматтарға шартсыз немесе шартты ақшалай көмек түрінде тағайындалады.

Шартсыз қаржылай көмек құрамында еңбекке қабілетті мүшелері жоқ отбасыларға (мүмкіндіктері шектеулі адамдардың немесе егде жастағы зейнеткерлердің отбасылары) немесе еңбекке қабілетті мүшелері объективті себептерге байланысты жұмыспен қамту шараларына қатыса алмайтын отбасыларға (мысалы, мектепке дейінгі балалары бар жалғызбасты ана) көрсетілетін болады. Мұндай отбасыларға жәрдемақы алу үшін жұмыспен қамту шараларына қатысу міндетті емес.

Шартты ақшалай көмек құрамында еңбекке қабілетті кем дегенде бір мүшесі бар аз қамтылған отбасыларға ұсынылады, бұл орайда қойылатын шарт – жұмыспен қамтудың белсенді шараларына олардың міндетті түрде қатысуы.

Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек аз қамтамасыз етілген отбасыларға қазіргі уақытта беріліп отырған келесі үш әлеуметтік төлемді біріктіретін Бірыңғай жәрдемақы болып табылады:

а) отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің 40%-нан төмен болған жағдайда отбасының әр мүшесіне берілетін атаулы әлеуметтік көмек;

б) отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің 60%-дан төмен болған жағдайда 18 жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын балалар жәрдемақысы;

в) көмілеттік жасқа толмаған төрт және одан да көп баласы бар отбасыларға табысына қарамастан берілетін арнайы мемлекеттік жәрдемақы.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау туралы сұрақтары бойынша жергілікті жұмыспен қамту орталығына хабарласу қажет.

Ж ДӘЛІБАЕВ,
Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департамент басшысының орынбасары

ЕҢБЕК – БӘРІН ЖЕҢБЕК

Кәсіпкердің көкжиегі кең



«Адамды адам еткен еңбек» деген белгілі қағида бар. Оған «Адам еңсесін қатарластарынан биіктететін тәрбие» деген ұғымды қосуға болады. Адамның анасы еңбек болса, жақсылықтың анасы – тәрбие. Ерлан жастайынан еңбекпен достасып, ата-анасынан тағылымды тәрбие алып өсті. Жігіттің осы жетістігін айналасы атқарған ісінен, жүріс-тұрысынан аңғарады. Осы мақаланың арқауына айналып отырған Ерлан Бейсенбековтің табысқа жетуіне тұғыр, жетістікке жетуіне жетекші бола білген қасиеттерді жеткізе әңгімелеп беруді мақсат тұтып отырмыз.

Ол 1968 жылы Сарқан қаласында дүниеге келді. Ата-анасы Нұрсайын мен Жұмағыз кеңшардың маңдайалды шопаны болатын. Соның айғағындай, анасы бірнеше мәрте аудандық кеңестің депутаттығына сайланды. 1983 жылы мектептің 8-сыныбын бітірген ол Сарқан қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеден электрик мамандығын алып шықты. Осы мамандық 1986-1988 жылдары Белоруссияда әскери борышын өтегенде қаншама рет көмекке келді. Сонда-ақ, адамның білімді, білікті болуы табысының көзі екендігін жас та болса аңғарған болатын.

Әскерден оралысымен Ерлан Нұрсайынұлы Көксу ауылшаруашылық техникумын тамамдады. Алайда білімін шаруашылықта сынауға мүмкіндік болған жоқ. Кеңестік шаруашылықтар тарап, нарықтық қатынасқа бейімделе қоймаған қоғам өгейлене бастады. Амалсыздан көштен қалмау үшін жеке тірлігін қамдастырды. 1990 жылы үйленіп, Зәмзәгүл атты қызбен тағдыр қосқан болатын. Отбасын асырау үшін Ерлан атқармаған жұмыс қалмады. Ақша табу амалымен тері өткізді, жүнжұрқа жинады. Металл сынықтарын өткізіп, алғашқы капиталын қамдастырды. Өзін кәсіпкерлікте сынап көру үшін бұдан гөрі аумақтырақ жобаларды қолға алуға құлшынды. Дүкен ашты, зайыбы осындай сәтте сенімді көмекшісіне айналды. 2000 жылы бұған дейін иесіздікке ұшырап, бос қалған бұрынғы аудандық коммуналдық шаруашылықтың алаңын көмір қоймасына лайықтап жабдықтап алды. Екі «КамАЗ» машинасы, бір «ГАЗ» автокөлігі бар. Бұған қосымша жекеменшіктен 3 машинаны жалдап, жұртшылықты қысқы отынмен қамдауға кірісті. Еңбегі еш болған жоқ. Бұрын жеке көлік иелері әкелген көмірді шарықтаған бағасына қарамай алуға мәжбүр болатын көпшілік енді Ерланның көмір қоймасын төңіректейтін болды. Себебі, мұнда баға тұрақты, көмірді үйіңізге жеткізіп береді.

Кәсіпкерлік деген қалың елдің сұранысына негізделеді. Етек-жеңін жинаған елді мекендер, жекеменшіктер енді ауласын, төңірегін, қоғамдық орындарды абаттандыруға ден қойды. Сондайда Ерлан цементтен, тас пен қиыршық құмнан жасалатын әрлеуіш төсеніштер дайындауды жоспарлады да мақсатын көп ұзамай жүзеге асырды. Арнайы қалыптарды жеткізіп, 3 адамды тұрақты жұмысқа алды. Соның нәтижесінде өткен жылдан бері өнімділігі күніне 30 шаршы метр шағын цехтың өнімі сұранысқа сай сарқандықтардың игілігіне ұсынылды.

– Өткен жылдары санитарлық талапқа сай қаланың шетіне шығарылған мал базарына иелік ету туралы ұсыныс түсті, – дейді Ерлан әңгіме арасында. Сенім білдірілген соң бас тартпадым. Әйтпесе, шаруасы әлі де шаш етектен. Мал қорасын, жем қоймасын, қасапхана салу негізгі міндет. Ашыла салысымен біздің мал базарына Қапал, Ақсу өңірінен мал сауда-лаушылар ағылып келіп жатыр. Алушысынан сатушысы көп заман десек те қадағалаушысы, тәртібі бар мұндай базар ел-жұртқа қажет.

Ерлан мен Зәмзәгүл екі ұл тәрбиелеп, олардың өмірден өз жолдарын табуына бағыт-бағдар берген мерейлі ата-ана. Тұңғыштары Диас шекарашылар академиясын бітірген. Мамандығы бойынша бірнеше жыл қызмет атқарып, бүгінгі таңда әкесінің ісіне көмектесуде. Үйленген, келіншегі Нұргүл екеуінің ортасында перзент өсіп келеді. Екінші ұлдары Олжас Қазақ Ұлттық университетінде заңгер мамандығын алу үшін оқып жүр.

– Екеуінің ынтымақ-берекесіне қызыға қараймын,-дейді ұзақ жылдан бергі көршісі Жанат Мұхаметқалиұлы. – Ың-жыңы жоқ, үндемей-ақ үлкен іс тындырып келеді. Балалары бос уақыттарында спортпен шұғылданып, негізінен ата-анасының қолдарын ұзартып жүр. Тәрбиесі мығым, демек, перзенттерінің келешегі де жарқын. Барлық отбасы осындай болса еліміздің ілгері басарына сөз жоқ.

Көршісінің лебізі осындай. Мұндай пікірді Ерланды білетін екінің бірі айтады. Бір-бірін алдауға бейім тұратын қоғамда жақсылыққа жақын, адалдыққа қоңсы қонған азаматтар көзге бірден шалынады. Балалары оқыған мектепке, жағдайы төмен отбасыларына демеуші болып, көпке шұғыла шашатын жомарт жүректі жандардың көбеюі қалың елдің ырысы емес пе?

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

БӘРЕКЕЛДІ!

САМСЫДА АМБУЛАТОРИЯ САЛЫНДЫ

«Алматы – Бішкек» күрежолының бойындағы Самсы ауылында заманауи үлгідегі дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Қажетті материалдық-техникалық базамен жабдықталған емдеу мекемесі бір мезетте 50 адамды қабылдай алады.

Серік САТЫБАЛДИЕВ,
“Жетісу”

Тұрғындар қуанышына аудан әкімі Жандарбек ДАЛАБАЕВ, аудандық орталық ауруханаңың бас дәрігері Доғдыркүл Молдахалықова ортақтасты.

Ашылу салтанатында аудан әкімі денсаулық саласы бойынша атқарылып жатқан игі істерге тоқталды. Ол былтырғы жылы әлеуметтік салаға жалпы көлемі 7 млрд. 679 млн. теңге жұмсалғанын, нәтижесінде 5 мектеп, 2 дәрігерлік амбулатория салынып, бір Мәдениет үйі, бір мектеп күрделі жөндеуден өткенін тілге тиек етті. Ауданда бұрын-соңды әлеуметтік салаға мұндай ірі көлемде қаржы бөлінбепті. Самсыда 164 млн. теңгеге бой көтерген емханада 11 адам жұмыспен қамтылды.

Қуанышты сәтте ауылдық округ ардагерлері ұйымының төрағасы, ауданның Құрметті азаматы Мұхтар Шынтеміров тұрғындар атынан ризашылығын жеткізді. Сәулетті ғимаратты салған мердігер ұйым «Іргетас-құрылыс-2» ЖШС жетекшісі Әлібек Сәрсенов нысанның кілтін амбулатория меңгерушісі Әшімгүл Расиловаға тапсырды. Ауыл ақсақалы Дәуренқұл Керімов көпшілікке бата берді. Қариялар аудан әкімімен бірге жаңа ғимараттың лентасын қиып, әжелер шашу шашты.

Жамбыл ауданы

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№2 (18422)

Сенбі, 6 қаңтар, 2018 жыл.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

ЖЕТІСУ ЖЕТІСТІГІМЕН ЖЕЛПІНТІ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Үмбетов өңір ақсақалдарымен кездесті. Жиында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген мәселелер сөз болды.

Ардагерлер үйінде өткен басқосуға облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсеиіт, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев қатысты. Кездесу барысында латын әліпбиіне көшуге ерекше назар аударылды. Оның мән-мағынасы мен мемлекетіміздің ілгері дамуындағы алар орны, тарихымыз бен әлемдік деңгейдегі рухани үдеріске қосар үлесі тұрғысында әңгіме өрбіді.

– *Жыл басында барлық депутаттар ел аралап, халықпен кездесіп, өңірлерде атқарылып жатқан жұмыстарға көз жүгіртуде. Іссапармен туған жеріме табан тіреп, алдымен ардагерлермен кездесуді жөн санадым. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың істеп жатқан жұмыстары жайында хабардар еттім. Қарттардың көңілкүйі өте жақсы. Өңірдің даму қарқыны жоғары, оны нәтижелі жұмыстарға қарап аңғаруға болады. Қазақта «Ай түнде керек болса, ақыл күнде керек» деген нақыл бар. Сондықтан қарттармен кездесіп, ой бөлісу негізгі мақсатымыз,* – деген Серік Әбікенұлы барлығын жаңа жылдарымен құттықтап, дендеріне саулық тіледі.

Халық қалаулысы мақалада айтылған «Туған жер» бағдарламасын ерекше атап өтті. Өйткені, кіндік қаның тамған жер қашанда ыстық. Ал оның өркендеуі үшін кімде-кім болмасын аянбай еңбек етуге әзір екендігін жеткізді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының бастамасымен «Болашақ» бағдарламасы арқылы білім алып, елінің дамуына үлес қосып жатқан жастарды да назардан тыс қалдырмады. Әсіресе, үштілділік мәселесіне мән беріп, салт-дәстүрдің сақталуы жөнінде кеңінен сөз қозғады. Өңірдегі жолдардың жақсарып жатқандығы мен Талдықорған қаласына газ келіп, халыққа қуаныш сыйлағанын мақтанышпен айтты. Жақында ғана «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алған Жақсылық Үшкемпіровтың ұлты үшін маңдай терін төгіп еткен еңбегін мысалға келтірді. Сөз соңында билік пен халықтың арасындағы алтын көпір атанған бұқаралық ақпарат құралдары жұмысының маңыздылығына тоқтады. Қоғамдағы журналистердің алар орыны ерекше екендігін де тілге тиек етті.

Жиынға қатысқан қазыналы қарттар мінбеге шығып, жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Көтерілген мәселелердің өте орынды және жұртқа берері мол екендігін айтты. Берекебірліктің нығая түсуін тілеген ардагерлер «Келісіп пішкен тон келте болмас» деп тарқасты.

***

Көпшіліктің қуанышын еселеп, қайта іске қосылған Ақсу қант зауыты, шынтайтында, облыстың ауыз толтырып айтарлық ең үлкен жетістігі. Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұрлан Қылышбаев айтты. Аталған аймақтың алға басқан шаруасымен танысуға Астанадан арнайы келген мәжілісмен зауыттың бүгінгі бет-бейнесіне өз ризашылығын білдірді.

Осы барыста Нұрлан Наурызұлы алып кәсіпорынның күні кеше-ақ есік-терезесі тозған, талай инвестордың талабына сыймаған, көрер көзге қораш нысан болғанын айта келіп, оның он жылдық үзілістен кейін бойына қан жүгіріп, қайта жануы өңір үшін үлкен тарихи оқиға екенін атап өтті.

– Бұл зауыт – Ақсу, Сарқан аудандарының шаруашылықтары арқа сүйер ірі кәсіпорын. Саладағылардың салы суға кетіп жүрген еді. Енді, міне, қызылша алқаптарын ұлғайтып, өңдеу ісін ілгерілетпек. Тіпті, бұл – Ақсу мен Сарқан экономикасы үшін локомотив сынды. Осы елдің азаматы ретінде мен оның жаңғырып-жанданғанына айрықша қуаныштымын, – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Қысқа мерзімде аяғынан тұрған кәсіпорынға кәсіби кадрлар керек. Кездесу аясында Нұрлан Қылышбаев білікті мамандар даярлау барысымен танысты. Зауыт науқанды ойдағыдай аяқтады. 80 мың тоннадан аса тәтті түбір өңдеді. «Энергомост» консорциумы 15 млрд. теңге инвестиция құйған. Модернизация алдағы жылдары да жалғаспақ. Бұған орай, қызылша алқабының көлемі де ұлғайтылмақ.

Кездесу аясында журналистерге арнайы уақыт бөліп, өзара пікір алмасуға мүмкіндік туғызған депутат соңғы уақытта Мемлекеттік сатып алу заңы жобасы бойынша жұмыс жасап жатқанын тілге тиек етті. Халық қалаулысы сапар аясында тағы бірнеше ауданда болмақ.

***

Облысымызға жұмыс сапарымен келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Марат Бопазов пен Серік Сәпиев облыс орталығында бірнеше кездесу өткізді. Сол қатарда Алматы – Талдықорған жолының бойында «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша салынып жатқан қоттеджді қалашықтағы құрылыс жұмыстарының барысымен де танысты.

Жалпы, екіқабатты 30 үйден тұратын, 90 пәтерлі коттеджді қалашықты салу жоспары бірнеше жылдан бері сөз болып келе жатқан еді. Жоба жоспары жасалып, қаржысы бөлініп дегендей, дайындық жұмысы толығымен аяқталған соң өткен жылдың соңғы тоқсанында құрылыс жұмысы ресми қолға алынды. Бүгінде мұнда онға тарта үйдің тағаны құйылып, қабырғасы қаланып, шатыры жабыла бастады. Жұмыс қарқынына қарап, жобаның жоспардағы уақыттан ерте бітетіндігіне сенім мол. Әрине, депутаттарды осы және басқа да сұрақтар қызықтыратын болып шықты.

Марат Бопазов Талдықорған қаласында лауазымды қызметтер атқарғандықтан қаланың ой-шұқыры оған бес қолдың саласындай белгілі. Соған орай халық қалаулысы мердігер компания өкілдерінен құрылысқа керекті материалдардың қайдан тасымалданатыны мен құрылысшылардың қай өңірден тартылғанын сұрап білді. Мердігер компания өкілдері қалашыққа отандық құрылыс материалдарының қолданылатындығын жергілікті құрылысшы жігіттердің күшімен тұрғызылып жатқанын жеткізді. Ал Серік Сәпиев болса, қалашықтың басқа да инфрақұрылымы, әсіресе спорттық нысандардың жоспарда бар-жоқтығы туралы білгісі келді. Талдықорған қалалық құрылыс бөлімінің мамандары қалашықта мектеп, емдеу орталығы, балабақша, спорттық жаттығу алаңдарының салынатынын тәптіштеп түсіндірді.

Құрылыс алаңын аралап шыққан көпшілік көп өтпей қалаға кіреберіс тұстан сәулетіне салтанаты сай тағы да бір жаңа қалашықтың бой көтеріп, қалаға көркемдік, арыбері өткен жолаушыларға көңілді күй сыйлайтынына сенім білдірісті.

Мәулен ӘНЕРБАЙ,
Қозыбай ҚҰРМАН,
Қажет АНДАС

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢ ТІК!

ШАҒЫН АУЫЛДЫҢ шырайы

Балқаш ауданындағы Бояулы ауылы бір қарағанда қарапайым ғана көрінеді. 2009 жылы жүргізілген санақ мәліметтері бойынша аталмыш елді мекенде 161 адам тұрыпты. Ал бүгінде отыздан аса отбасы бар. Тұрғындар санының аздығына қарамастан бұл жер қазір үлгілі елді мекендердің қатарында.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Жұртшылықтың айтуынша, Бояулыға қонақтар жиі келетін көрінеді. Жолдары жөнделіп, тұрғын үйге қажет жағдайдың бәрі жасалған. Мектеп, спорт алаңы, медресе мен мешіт те салыныпты. Айта кетейік, осыдан он бес жыл бұрын тұрғындардың жаппай қоныс аударуына байланысты Бояулы бос қалған ауылға айналып бара жатқан еді. Сол себепті Молдақасымовтар отбасы туған жердің болашағына алаңдап, «Туған жерге туың тік» жобасы аясында ауылдастарға көмектесуді қолға алды. Нәтижесі жаман болған жоқ. Оған бояулылықтар тұрмысының өзгеріп, гүлденіп, әл-ауқатының арта түскені дәлел. Осылайша, кәсіпкер туған ауылын қамқорлыққа алып, өсіп-өркендеуіне қомақты қаражат жұмсады.

Азамат Молдақасымов «ABM Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директорлар кеңесін басқарады. Компаниялар тобы Қазақстанның энергетикалық секторының жобаларын жүзеге асырумен айналысып келеді. Қайырымды жанның жақсылығын ауылдастары да үнемі айтып отырады. Жөнделген жолдың екі жағына электр жарығы тартылған. Бірнеше жыл бұрын ауылдағы барлық кабель мен желілер, бағандар жаңартылған еді. Сондықтан болар, ауылда қазір электр жарығы сөнбейді, үнемі жарқырап тұрады.

– *Азамат барлық электр бағанын жаңартты. Бұрындары жарық жиі сөнетін. Техникалық құрылғыларды қосуға қорқатынбыз. Енді көңіліміз тыныштalып, алаңсыз теледидар көруге мүмкіндік алдық. Ауылдағы ағайынның Азамат пен оның отбасына айтар алғысы шексіз. Тіпті біздің ауылға көшіп келіп, үй салып жатқандар да бар. Осыдан он, он бес жыл бұрын бұл жайлы ойлау тіпті мүмкін емес еді. Бір сөзбен айтқанда, ауыл қайта түлеп, ажарланды. Жаңарды, гүлденді. Көріп отырғандарыңыздай, кәсіпкер бір ауылды өз қамқорлығына алып отыр. Осы аймақтың дамуына жыл сайын қаражат құяды. Мұның бәрін де қайтарымсыз, тегін, жақсы ниетімен атқарып келеді. Бір Азаматтың арқасында ауылдағы барлық мәселе оң шешімін тауып келеді*, – дейді ауыл тұрғыны Мейірхан Таңсықбаев.

Кәсіпкер ауылдағы тағы бір маңызды мәселені шешкен. Жеті, сегіз жыл бұрын су мұнарасын салып, барлық үйге қажет коммуникация жүргізіпті. Әр үйде ыстық және суық су, дәретхана, жуынатын бөлме бар. Бүгінде су тартатын колонканы ешкім пайдаланбайды. Шаңырақ иесі Қайрат Уатаев жуынатын бөлмедегі санитарлық торапты көрсетіп, көрген жұрттың таңданыстарын жасырмайтынын әңгімеледі.

Тағы бірде ол: «*Мен бастауыш мектепте күзетшімін. Екі ұлым, бір қызым өсіп келеді. Азамат Балтағұлұлын әрдайым үлгі етемін. Қайда болсаңдар да жақындарыңа көмектесіңдер деп айтып отырамын. Біз жақсылық жасауды тоқтатпауымыз керек. Көпшілік бұл өмірде өзіңді ұмытса да ұгі ісің мен жақсылығыңды естен шығармайды*», – деген болатын.

Бұл ауылда өскелең ұрпақтың игілігі үшін де жақсы істер атқарылған. Кәсіпкер өз қаражатына бастауыш мектептің ғимаратын жөндеп, материалдық-техникалық базасын жаңартып беріпті. «*Мектепте спорт залы, оқу кабинеті, мұғалімдер бөлмесі мен медициналық кабинет бар. Бізде бастауыш сыныптың екі мұғалімі жұмыс істейді, онда тоғыз бала білім алады. Ал жоғары сынып оқушылары көрші ауылдағы мектепке қатынайды. Олар автобуспен барып келеді. Азаматтың қолдауымен бастауыш мектепке кешенді жөндеу жұмысы жүргізілді. Қажетті жиһаз бен жабдық алынды*», – дейді мектеп ұстазы Жанар Бектұрғанова.

Ауылда футбол алаңы да бар. Ардагер Байділдә Нарбаев атындағы көшеде мешіт пен медресе салынған. Мешітке келушілердің қатары көп, әсіресе жұма күні. Мейірхан Таңсықбаев ауыл тұрғындарының дінге берік екенін, сол себепті мерекелік шаралар мен жиын-тойлардың арақшарапсыз өтетінін айтады. 2015 жылдың мамыр айында ашылған медреседе жыл сайын отыз жас білім алады. Діни ғимаратта екі оқу сыныбы, оқу залы, асхана мен жатақхана орналасқан. Кітапхана қоры бай. Онда он екі мыңнан астам кітап бар.

Бұрындары ауылда дүкен де болмапты. Сол себепті тұрғындар он шақырым жердегі Бақанасқа қатынаған екен. Кәсіпкер бірнеше жыл бұрын бұл мәселеге де көңіл бөлді. Нәтижесінде арнайы орын салып, ауыл тұрғындарына тегін беріп, саудамен айналысуға жағдай жасапты.

Ауыл тұрғындары болашақта тұрғын үй мен саябақтың жоспарда бар екенін де тілге тиек етті. Азамат бұл іспен тоқтап қалмайды. Кәсіпкердің бастамасы мен игі ісі нағыз рухани жаңғыру, туған жерге деген құрмет екені анық. Азамат Молдақасымов ұлтын сүйетінін, туған жерін қадірлейтінін ісімен дәлелдей отырып, дәстүр мен ұрпақ сабақтастығын лайықты жалғастырып келеді. Осының бәрі ауылдың гүлденіп, жұртшылықтың әл-ауқатының артуы бағытында жасалып жатқан жақсылықтар екені даусыз.

Балқаш ауданы

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Еліміздің Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Астана қаласында Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Тәуелсіздік дәуірі» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі өткен болатын. Міне, енді, бұл кітап облыс-облыстарға таныстырылып, жұртшылықты қуантуда. Осыған орай «Ұлы Дала қазынасы» партиялық бағыты аясында, Астана қаласының 20 жылдығына орай «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен Елбасы Н. Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабының таныстыру рәсімі өтті.



Суретті түсірген Алсан ҚАЖЕКЕ.

ЕЛБАСЫ КІТАБЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасында ұйымдастырылған шараға Жетісу жерінің ақын-жазушылары, әдебиетшілер, кітапханашылар, жастар қатысты. Шараны ашып, жүргізген «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Мирас» аймақтық кеңесінің төрағасы Нүсіпбай Әбдірахым Елбасының бұл еңбегі еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардағы қиыншылық пен бүгінгі гүлденген Қазақстанның жүріп өткен жолын көрсететін шежірелі кітап екенін айтып өтті.

– Жиырма алты жылда еліміз қандай белестерден өтті? Ішкі, сыртқы саясатты қалай жүзеге асырды? Қиындықтарды қалай еңсерді? Төрт бөлімнен тұратын кітапта осының бәрі егжей-тегжейлі жазылған. Бұл үлкен еңбек, Елбасының қаламынан туындаған құнды шығарма, – деді ол.

Негізгі баяндаманы жасаған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев:

– Біз бүгінде Қазақстанның жетістіктерін еліміздің Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың есімімен байланыстырамыз. Елбасының еңбегін, ел тарихындағы алатын орнын кейінгі толқын, біздің болашағымыздың бастауы – жастардың біліп, терең сезініп өсуі бүгініміз үшін ғана емес, ертеңіміз үшін де маңызды.

Әлемдік тұлғаға айналған Елбасы еңбектерінің, өмірі мен қызметіне арналған кітаптардың тағылымы мол. Бүгін осы кітаптардың қатары тағы бір құнды шығармамен толықты.

Жаңа туындыда «Тәуелсіздік рухымызды шыңдады», «Біз әлемдік дағдарыс сынағына төтеп бердік», «Әлем мойындаған көшбасшылық», «Жаңа экономикаға батыл ұмтылыс», «Адам капиталының жаңа сапасы», «Қазақстанның айқын және мызғымас басымдықтары» атты бірқатар тартымды бөлімдер бар.

Кітапта еліміздің тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген басты жетістіктері жан-жақты қамтылған. Заманауи қуатты мемлекет құру, халықаралық дәрежеде мойындалған нақты шекара, ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісі, Семей ядролық сынақ алаңының жабылуы, нарықтық экономикаға өту, ұлттық валюта, жаңа елордамыз – Астананы салу, қуатты әрі заманауи Қарулы Күштеріміздің құрылуы, кең көлемдегі инновациялық индустрияландыру, әлеуметтік жаңғыру сынды егемен еліміздің нысаналы істері толықтай қамтылған, – деді баяндамашы.

Шарада ағалық ақ тілегін жеткізген облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт Елбасының сарабдал саясаткерлігі, көрегендігінің арқасында сонау қиын-қыстау кезеңнің өзінде астананың Арқа төсіне көшіріліп, бүгінде бұл шешімнің дұрыс қадам болғандығын уақыттың өзі дәлелдеп отырғанына, Астананың Еуразияның кіндігіне, әлемдік мәселелерді шешетін орталыққа айналғанына тоқталды. Кітапта Тәуелсіз Қазақстанның аумалы-төкпелі қиын кезеңнен бүгінгі биік белеске жету жолының кезең-кезеңімен дәріптелгені, бұл қазақстандықтар жүріп өткен жол ғана емес, шынайы, өшпес тарих екендігін бөліп айтты.

Облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Айдар Башбаев мұндай құнды дүниенің осының бәрін өз басынан өткерген Елбасының қаламынан туындауы үлкен ғанибет, жас ұрпаққа үлгі-өнеге, тағылым екендігін атап өтті. Сондай-ақ, кітаптың еліміздің 33 басты жетістігін айшықтап жазуымен ерекшеленетінін жеткізді. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбекова еліміздің 26 жылда қол жеткізген жетістігінің ғасырға бергісіз екенін, осының бәрінде Елбасының ерен ерлігі жатқандығын тілге тиек етті.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Мұратбек Иманғазинов:

– «Тәуелсіздік дәуірі» – ел тарихының жылнамасы іспетті. Туындыда тәуелсіз мемлекетіміздің даму кезеңдері, 26 жылдық жүріп өткен жолының, ішкі-сыртқы сынқатерлері мен тарихи маңызды белестерінің реті дәл келтірілген. Қазақ жеріндегі жаңғырудың үш кезеңін қайта бастан кешкендей күйге енесің, –деген ойымен бөлісті.

Шараға қатысушылар да өз ойлары мен тілектерін ортаға салды. Салтанатты шара жаңа кітапты қолға ұстап, оны тарихқа тағылым, болашаққа бағдаршам етейік деген тұжырыммен қорытындыланды.

ӨЙ-ӨРІМ

Еңбегімен ер сыйлы,
Өнбегімен жер сыйлы.

Еңбегіне қарай — құрмет,
Жасына қарай — ізет.

ШАРАПАТ

КЕҢ БОЛСАҢ, КЕМ БОЛМАЙСЫҢ

Ауылдың саф ауасын жұтып, тұнығынан шөл қандырып есейген Арман Рахманов, Бинали Агададиев, Арзыгүл Амиралиева, Төлеген Қадырсизов сынды атпал азаматтардың ұйымдастыруымен «Нұрбастау Шапағат» қайырымдылық қоры құрылып, игілікті істердің ұйытқысына айналғалы сегіз жылдан асып барады.

Үлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

Еселі еңбекпен тапқан табыстың бір бөлігін қайырымдылық жасауға жұмсауды көздеген аталмыш қордың мақсаты – туған ауылын көркейту, тұрмысы төмен, көпбалалы, асыраушысынан айырылып, ауыртпалық арқалаған мұқтаж жандарға қол ұшын беру, қоғам дамуына рухани және материалдық тұрғыда қолдау көрсету. Сондай-ақ, салауатты өмір салтын қалыптастыруда аудан жастары арасында атаулы жарыстар өткізуді де дәстүрге айналдырғаны ерекше қуантады. Жылына үш рет ұйымдастырылатын бұл іс-шараның шапағатын өздері түлеп ұшқан Тұздыбастау, бесағаштықтар ғана емес, аудан мектептері де көруде. Құрылғалы бері материалдық көмекке зәру жандарды құрықол қалдырмаған қордың қызығын әлеуметтік аз қамтылған отбасылар да көріп келе жатқанын атап айту абзал. Бұдан бөлек, аудандағы талантты да дарынды балаларға материалдық қолдау көрсету, спорт алаңдарын құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, оқушылардың жазғы лагерьде демалуына жолдама беру, тізбелей берсек, бірталай игі істерге мұрындық болып жүргендерін жасыруға болмас.

Қайырымдылық қоры жуырда ұлттық сананы ояту, туған елге деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру мақсатында игілікті іс-шара өткізді. «Үлкеннің мыңына емес, баланың біріне бер» деген даналықты темірқазық еткен қор жетекшілері әлеуметтік тұрмыс-жағдайы төмен 35 баланы тәтті толы қорапшаларымен және 12 баланы жылы киімдермен қамтамасыз етіп қуантты. Бұлардың арасында Аяз атаға хат жазып, планшет сыйлауын сұраған үш жасар Р. Першиннің де арман-тілегі орындалды.

– Туған жер мен елден артық қастерлі ұғым жоқ. Азамат боп, атқа мінген соң елдің бар-жоғына, кемкетігіне қарайласу – парыз. Жұдырықтай жұмылғанда ғана мардымды, мағыналы іс тындыруға болатындығын сезінген кәсіп иелері әрі қатарластар «Нұрбастау Шапағат» қайырымдылық қорын құрып, бірлесе жұмыстар атқарып келеміз. Қайырымдылық шаралары өткен сайын кішкене балалар мен қарттардың азын-аулақ сый-сияпатымызға қуанғанын көріп, көңіліміз марқайып жатады. Жылдан-жылға көмекке зәру жандарға бөлінер қаржы қоры да артып отыр. Бүгін жаңажылдық тарту-таралғымен қатар, баскетболдан өткен жарыс қорытындысында анықталатын жеңімпаздарға да қомақты сыйлықтар әзірлей келдік, – деді аталмыш қайырымдылық қордың президенті, аудандық мәслихат депутаты Арман Рахманов.

Бесағаш ауылындағы №29 орта мектептің спорт залында ұйымдастырылған қайырымдылық шарасына мектеп директоры Жанар Сағындықова, ауылдың ардақты азаматы, спорт ардагері Зейтнұр Қазиев, қоғамдық қор мүшелері мен ауыл тұрғындары, ауданның баскетболшы командалары қатысты. Салтанатты шарада жиылған қауымды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаған Арман Қалықұлы жарысқа қатысушыларға жеңіс, мектеп ұжымына оқуда табыс тіледі.

Дәстүрге сай Көк Туымыз көтеріліп, Гимн орындалған соң тартысты жарыс басталып кетті. Ал кең жүректі, жомарт жандардан сыйлығын алған балалар қуанышында, тіпті, шек жоқ. Осылайша, бесағаштықтардың бір күні жүрек жылытар жып-жылы істермен артта қалды.

Бесағаш ауылы,
Талғар ауданы

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 5 (18425)
Сенбі, 13 қаңтар, 2018 жыл.

Халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетін болады. Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс. Саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керек.

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауынан.

↘ СЕЛЕКТОР

Апта басында Үкімет үйінде ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаларды іске асыру мәселелері бойынша Үкімет отырысы өтті. Онда өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық даму мен республикалық бюджеттің орындалуы туралы сөз болып, денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымын дамыту жөніндегі бірыңғай перспективалық жоспарлар баяндалды. Селекторлық кездесуді облыс басшылары да онлайн режімінде тыңдап, алдағы жоспарларын пысықтады.



НАҚТЫ ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Отырыста алдымен Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев Президенттің Жолдауында көрсетілген 10 міндет бойынша министрлерге жүктелген жұмыс ауқымын түсіндіріп берді. Осыдан кейін Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов, Ұлттық банктің басқарма төрағасы Данияр Ақышев, Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов, Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов өз салалары бойынша атқарылған жұмыс ауқымын баяндап, алдағы жоспарлар және оның атқарылу барысымен таныстырды.

Ұлттық экономика министрінің айтуынша, өткен жылғы жалпы ішкі өнімнің өсімі 4, инфляция 7,1 пайызды құрады. Сауда секторында өндіріс кеңейту, инвестициялық белсенділікті арттыру және ішкі сұраныстың біртіндеп қалпына келуі байқалды. Ал банк саласындағы тұрақты өсу ауқымы да атқарылған жұмыстың ауқымды болғанын көрсетті. Қаржы министрінің сөзіне сенсек, республикалық бюджетке 5012 млрд. теңге сомасында кіріс кіріп, жоспар 101,2 пайызға немесе өткен жылмен салыстырғанда 59 млрд. теңгеге асыра орындалыпты. Жергілікті бюджеттердің жеке кірістері де көңіл қуантарлық деңгейде өскен. Бұдан өзге, өткен жылы республикалық бюджет шығындарын орындау 99,8 пайызға немесе 11 156 млрд. теңгеге жетіп, рекордтық деңгейде орындалған. Денсаулық сақтау министрі көпшілікке өңірлермен бірлесіп денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту бойынша жоба әзірлеп, жүзеге асырып жатқанын жеткізді. Осы арқылы тұрғындардың алғашқы медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру, интеграцияланған медициналық көмекті қамтамасыз етуді жүзеге асыратынын тілге тиек етті. Ол үшін инфрақұрылымды дамытуда инвестициялық жоспарлауды жүйелеу мен инвестицияларды тарту арқылы инфрақұрылымды жаңғыртудың маңыздылығына айрықша тоқталды.

Жиналысты қорытындылаған Үкімет басшысы өткен жылы қол жеткізген жетістіктердің көңіл қуантатынын айта келіп, биылғы жылғы барлық жоспарды Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген 10 басым бағыт бойынша жоспарлап, нақты орындау керектігін тапсырды.

↘ ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

ТАЛДЫҚОРҒАН – ТАТУЛЫҚ МЕКЕНІ

Биылғы Жолдауда елдік мұраттармен қатар өңірлердің тұрмыстіршілігіне де арнайы көңіл бөлінген. Бұл біздің жұмысымызға ерекше серпін беріп, айрықша жауапкершілік жүктейді. Атап айтқанда, Талдықорған қаласы жылдан-жылға жаңа нысандар мен сәулетті ғимараттармен толығуда.

Солардың ішіндегі айта кетерлігі – қалада бірден 2 үлкен ғимараттың іргесі қалануы. Салтанат сарайы мен Көрме кешені көз қуантып, өткен жылдың қараша айында қолданысқа берілді. Талдықорғандық жас жұбайлар некелерін бұдан былай Салтанат сарайында қияды. Жаңа сарай сәулеті жағынан қалаға ерекше көрік беріп қана қоймай, азаматтық хал актілерін тіркеп, 8 түрлі қызмет көрсетеді. Ал шаһардың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Көрме алаңында кәсіпорындар өз өнімдерін жұрт назарына ұсына алады. Екінші қабатында білікті мамандар кәсіпкерлерге әртүрлі қызмет көрсетеді. Мемлекет басшысы Жолдауда: «Әкімдер тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын жетілдіру мәселесін мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі негізінде белсенді шешуі керек», – деп айқын міндет артты. Бұл бағытта Талдықорған қаласында бірқатар жұмыс қолға алынған болатын.

Өткен жылы «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкімен» арадағы әріптестік келісім негізінде екі нысан құрылысы басталса, биыл тағы екі компания өз ұсыныстарын білдіріп, жұмыс істеуге ынта танытып отыр. Сондай-ақ, ауылдық елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бойынша жұмыс белсенді атқарылып, өткен жылы «Нұрлы Жол» бағдарламасының аясында ұзындығы 27 шақырым болатын сумен жабдықтау желілерін қайта құрылымдау жұмыстары аяқталды. Ал биыл бұрынғы иесіз қалған бірыңғай сыртқы сумен жабдықтау және суды бұру желілерін қайта жөндеу бойынша 2 жобаның жұмысы жалғасуда.

Мемлекет басшысының: «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болуы және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс», – дегені дер кезінде қабылданған дұрыс шешім болды. Мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу – заман талабы. Осыған орай бүгінде Талдықорғандағы мектепке дейінгі мекемелерде 3 және 6 жастағы балалардың балабақшамен 95,7 пайыз қамтылғанын айта аламын. Мұнымен тоқтап қалмай, алдағы уақытта Елбасы тапсырмасының орындалуын жалғастырып, кезекте тұрған балалар санын азайтуға күш сала бермекпіз.

Бағдат ҚАРАСАЕВ,
Талдықорған қаласының әкімі

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

Елбасы осы Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына септігін тигізетін 10 міндетті белгілеп берді. Соның жетінші міндетінде білім берудің жаңа сапасына тоқталды. Ол барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет екенін айтып, оқуға байланысты біраз мәселені қамтыды.

Оқушыларға берілетін тапсырма азаяды. Елбасы оқушылардың жүктемесі ТМД елдерінің ішінде ең жоғары, ЭЫДҰ елдеріне қарағанда орта есеппен 1/3 еседен көп екенін айтып, оны төмендетуді тапсырды.

2018 жылдың 1 қаңтарынан мұғалім мәртебесін арттыру мақсатында білім берудің жаңартылған мазмұнына көшкен ұстаздардың лауазымдық жалақысы 30 пайызға көбейеді. 2018 жылы категориялар арасындағы алшақтықты арттырып, мұғалімдер үшін біліктілік деңгейін ескеретін категориялардың жаңа кестесі енгізіледі. Мұғалімдердің жалақысы біліктілігінің расталуына байланысты 30-дан 50 пайызға дейін өседі. Білім беру мекемелері арасындағы бәсекелестік артып, жеке капиталды тарту үшін қала мектептерінде жан басына қатысты қаржыландыру енгізіледі. ЖОО шетелдердің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен, ірі кәсіпорындарымен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асырады.

Сонымен бірге, «Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыру жалғасып, оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салынбақ.

Осының барлығы бізді, яғни ұстаздар қауымын қуантады. Тиісінше мұғалімдер құлшынып жұмыс істейтін болады.

Білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы Талдықорған аумақтық ұйымы және еншілес аудандық, қалалық комитеттерінің алдында бұл маңызды құжаттың мәні мен мағынасын Алматы облысының әрбір тұрғынына, еңбек ұжымдарына жан-жақты түсіндіру міндеті тұр.

Садық ӘБДІҚАДЫРОВ,
Білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы Талдықорған аумақтық ұйымының төрағасы

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын өңір тұрғындарына жеткізу мақсатында «Елбасының Жолдауы — ел-жұртының толғауы» тақырыбында мәдениет қызметкерлерімен жедел жиын өткізілді.

Аудандық кітапханада өткен жиын барысында «Жолдауға — қолдау» атты баяндама оқылып, «Жолдау ел болашағының айқын бағыттары» атты кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

Өз кезегінде сөз алған Кеңарал ауылының тұрғыны, еңбек ардагері Қожабек Қожабергенов бұл Жолдаудың халқымызды жаңа белестерге бастайтын рухани құжат екенін атап өтті. Одан кейін кітапханашы М. Салқымбаева Жолдаудың негізгі 10 міндеті еліміздің жарқын болашағына бағытталғаны жайлы айтып өтті.

Ш. НҰРҒАЛИЕВА,
Көксу аудандық кітапханасының кітапханашысы

БРЕНД ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа арнаған дәстүрлі Жолдауын жылда асыға күтемін. Елбасы Жолдауы әрбір қазақстандықты жарқын болашаққа жетелейтін, ертеңге деген сенімін арттыратын, дамудың межесі мен мақсатын айқындайтын темірқазық іспеттес. Мемлекет басшысы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты кезекті Жолдауында алдымызға он міндет қойып отыр.

Қазақстанның жылдан-жылға өркендеп келе жатқаны дәлелдеуді қажет етпейді. Көз алдымызда жаңа құрылыс нысандары қанат жайып, мыңдаған отбасы баспаналы болуда. Өндіріс орындары ашылып, білікті, кәсіби, бәсекеге қабілетті мамандар қатары қалыптасты. Меніңше, Елбасы белгілеген он міндет те таяу уақытта іске асып, өз жемісін береді. Еліміздің әлеуметтік саласы да алға басып, тұрғындардың тұрмыс жағдайы көтеріле түседі. Бұл орайда бір ғана жалақының, жәрдемақының өсуін айтсақ та жеткілікті.

Мені қуантатыны – ауылшаруашылығы саласын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғаны. Нәтижесінде, экологиялық тұрғыда таза өнімдер тұтынамыз. Қазіргі таңда азық-түліктің дені химиялық қоспаларға толы. Әрине, мұндай қоспалардың адам ағзасына көп жағдайда зиянын тигізетінін медицина дәлелдеп отыр. Қазақстанның климаты ауылшаруашылығын өркендетуге өте қолайлы. Сондықтан, өз елімізге, экспортқа таза агроөнімдерді шығарып, өндіріс орындарын дамытуға мүмкіндік мол.

Елбасы биылғы Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін «ақылды» технологиялармен дамытуды ұсынды. Бұл, шын мәнінде, өте тиімді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы «Қазақстанда жасалған» брендін дәл осы ауылшаруашылығында қалыптастыру туралы тарқатып айтты. Шындығында, біздің мамандар тек диплом алумен шектелмей, егістік алқаптарының басы-қасында болып, тәжірибесін ұштауы тиіс. Биылғы Жолдаудың басты ерекшелігі де, міне, осында.

Насиха КЕНЖИНА,
қоғам қайраткері,
«Алғабас Агро» ЖШС бас директоры

↘ ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ




Күні кеше ғана көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлтымыздың дара перзентінің бірі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 106 жыл толды. Орақ-балғалы қызыл тудың астындағы кеңестік кезеңде қазақ елінің көшін бастап, тізгінін ұстаған қазақтың қайраткер ұлы көзінің тірісінде-ақ аты аңызға айналған еді.

АҢЫЗ АДАМ

Содан болар жыл сайын туған күні келгенде аяулы перзентін сағынған ел ескерткішінің басына барып, гүл шоқтарын қойып, құрмет көсетеді. Әсіресе, соңғы демі шыққан Жетісу жерінің елі осы күнді ерекше атап өтеді. Сол үрдіс бойынша кеше көзін көріп, сөзін тыңдаған аға буын мен тұлғаның өмірін өзіне өнеге тұтып жүрген кейінгі толқын жастар және қала тұрғындары Талдықорғанның төріндегі ескерткіштің алдына келіп, асыл азаматқа еске алды. Әуелі гүл шоқтарын қойғаннан кейін Қонаев қорының төрағасы Қадыржан Жексенов сөз алып, Дінмұхамед Ахметұлының өмірінен тағылымды естелік айтты. Кез келген қазақ баласы үлгі алуға лайықты тұлға екенін, кейінгі жастардың Отанын сүю мен еліне адал қызмет етудің бағдаршамына айналғанын ерекше тебіреніспен жеткізді. Ескерткіш басындағы басталған шара Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Мұхамеджан Тынышбаев атындағы облыстық өлкетану музейінде жалғасын тапты. Онда Талдықорған қаласының тұрғыны Валерий Насыров музейге 1936 жылы түсірілген сурет сыйлады. Бұл тарту өткен ғасырдың өшпес естелігіндей әсер етті. Ол Қазақстан ССР-і компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев пен Валерийдің әкесі Файзи Мұқминұлының суреті еді. Жиында Қонаев қорының төрағасы Қадыржан Жексенов, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбекова, сонымен бірге ардагер-журналист Болат Бисұлтанов сөз алып, дара тұлға жайлы орамды ойларын ортаға салды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



КЕЗЕК КҮТТІРМЕС МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты кезекті Жолдауын Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық филиалының мүшелері талқылап, онда айтылған міндеттер мен мақсаттарды орындау жайында пікір алысты. «Рухани жаңғыру» орталығында өткен «дөңгелек үстел» отырысына этномәдени бірлестіктердің, Қоғамдық келісім орталықтарының, Аналар кеңесінің төрағалары, ғылыми-сарапшылық топ мүшелері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, жиында көтерілген мәселелерді жүзеге асырудың жоспарымен таныстыр. Мазмұнды шараны облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай ашып, жүргізіп отырды.



Тақырыпқа байланысты облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалим Идигов баяндама жасап, «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты кезекті Жолдау жүктеген міндеттерге тоқталды.

– Елбасының «Қазақстан – 2030» стратегиясын жариялаған кездегі бір сөзі әлі күнге есімнен кетпейді. Ол: «Қай портқа бет алғанын білмейтін кеменің желі де оңынан тұрмайды. Сондықтан барлық қоғамда дамудың, алға жылжудың, үдерістің ортақ моделі болуы керек. Ол үшін нақты да анық мақсаттар мен міндеттер қажет. Осының бәрі біз үшін ұстанған бағытымыздың дұрыстығын бағамдау үшін керек болады», – деген болатын. Содан бері, тәуелсіздіктің нығаю жылдарында Елбасы өз ұстанымына берік болып қалды, – деген Атсалим Саламұлы биылғы Жолдаудың ерекшелігін тізбеледі. *– Сондықтан мен ертеңгі күн әкелетін барлық мүмкіндіктер мен қауіп-қатерді алдын ала айтып болмас сезіммен ұғынып, дұрыс таңдау жасайтын Президенттің еліміз үшін алып теңіздегі шамшырақ сияқты екендігін баса айтқым келеді. Сол үшін бүгінгі күні қол жеткізген жетістіктер мен көрсеткіштеріміздің бәрі Мемлекет басшысының көрегендігімен орын алғандығын ерекше саламын. Өйткені біздің Елбасының ерекше сезімталдығы, айырықша көрегендігі өзге ешкімде жоқ. Оның қажетті кезінде жасаған дұрыс қадамы еліміздегі бейбітшіліктің, тыныштықтың, тұрақтылықтың кепілі.*

Облыстың Құрметті азаматы, «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің төрайымы Светлана Гаитова, «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім меңгерушісі Мадина Атайбаева, облыстық әзірбайжан этномәдени бірлестігінің төрағасы Фахреддин Магерамов жарыссөзге шығып, «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдау жүктеген жауапкершілік жайында әңгімеледі.

Жиынды қорытындылаған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай елордамыз Астана қаласының 20 жылдығын мерекелеуге қатысты этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық келісім орталықтарының жетекшілеріне тапсырмалар беріп, көпшіліктің жұмысына табыс тіледі.

М. ӘСЕТҰЛЫ

Жетісу
1918–2018
№5 (18425), 13 қаңтар, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ел-жұртқа түсіндіру және «Нұрлы жер» бағдарламасының атқарылу жағдайын бағамдау мақсатында облысымызға келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары бірқатар маңызды кездесу өткізіп, мағыналы шараларға мұрындық болуда. Сол қатарда халық қалаулылары Әбдіманап Бектұрғанов, Амангелді Дәуренбаев, Сәкен Қаныбековтер облысымыздағы «Нұрлы жер» бағдарламасымен салынып жатқан құрылыс нысандарын араласа, Марат Бопазов пен Серік Сәпиев Көксу ауданы, Балпық би кентіндегі «Кәрімов» жеке кәсіпкерлігінің меншігіндегі тауарлы-сүт фермасының жұмысымен танысты.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

ТАПСЫРМА аяқсыз қалмайды

Алдымен халық қалаулылары Талдықорған қаласында салынып жатқан 12 қабатты 64 пәтерлі үйге барды. Облыстық құрылыс басқармасы мен қалалық құрылыс бөлімінің басшылары депутаттарға «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынып жатқан тұрғын үйлердің жағдайынан хабар берді. Олардың айтуынша, бүгінге дейін облысымызда аталмыш бағдарлама аясында жоспарланған барлық нысан толығымен салынып, жұрттың ықыласына бөленген. Осындай жұмыстардың нәтижесінде облысымыз республика аумағында «Нұрлы жер» бағдарламасын орындау көрсеткіші бойынша алдыңғы бестікте тұр. Ал жалпы көлемі 4829 шаршы метрді құрайтын жаңа үйдің құрылысын осы жылдың наурыз айында бітіру жоспарланған болса да, кейбір себептерге байланысты жұмыс 15 күнге кешігетін сияқты. Алайда, құрылыс компаниясы өкілдері және құрылысшылармен емен-жарқын әңгімелескен депутаттар үйдің сапалы материалдармен салынып, тұтынушылардың көңілінен шығатын деңгейде жөнделіп жатқанына куә болды.

Сосын қаланың Оңтүстік-батыс шағын ауданындағы салынып бітпеген 290 пәтерлі бес үйдің жағдайымен танысты. Үш жылдан бері басы дауға іліккен «Бәйтерек девелопмент» АҚ жауапкершілігіндегі 290 пәтерлі 5 үйдің құрылысы бүгін-ертең бастала қоятын түрі жоқ. Құрылысы басталып, көп өтпей тоқтатылған нысанның ел игілігіне аспай жатқаны облыс, қала басшылығының ұдайы назарында. Тапсырыс беруші және мердігер компания арасындағы сот ісі аяқталмағандықтан құрылысты облыстың құзырына қайтару ісі де кешеуілдеп тұр. «Егер сот екі тараптың ортасындағы дауға нүкте қойып, бұл үйлердің құрылысын жүргізуді облыстың құзырына берсе, біз өз қаржымызбен салып бітіретін едік», – дейді облыстық құрылыс басқармасының өкілдері. Депутат Әбдіманап Елікбайұлы бұл нысандардың қатаң қадағалауда болатындығын ескертіп, облыс, қала басшылығынан алдағы уақытта барлық кемшіліктің орнын толықтыруды өтінді.

Осы күні депутат Марат Бопазов пен Серік Сәпиев Көксу ауданы, Балпық би кентіндегі «Кәрімов» жеке кәсіпкерлігінің меншігіндегі тауарлы-сүт фермасында болды. Қонақтарды қуана қарсы алған ферма директоры Рахым Кәрімов шаруашылықтың жағдайымен таныстырып, оның өндірістік қуаттылығын баяндады.

– Ферма өткен жылдан бастап жұмыс жасай бастағанына қарамастан, бүгінде тәулігіне 2 мың тонна сүт өндіретін деңгейге жетті. 400 бас сүтті сиыр ұстауға лайықталған фермада қазіргі таңда 160 сиыр сауылып жатыр. Мұнда 70 адам жұмысқа тартылып, нәпақасын айырып отыр. Алдағы уақытта жем және сүт өңдейтін зауыт салуды жоспарлаудамыз, – дейді ол. Халық қалаулылары кәсіпкер азаматтың еңбегіне оң бағасын беріп, алдағы уақытта да өнім түрін молайтып, сапасын жақсарта түсуге кеңес берді.

Осыдан кейін алқалы топ ауданның талантты 70 жасын спортқа баулып отырған Балпық би кентіндегі спорт мектебіне бас сұқты. «Әлем және Олимпиада ойындарының жеңімпазы Серік Сәпиев келеді екен» дегенді естіген ауданның спортшы жастары мұнда толығымен жиналыпты. Бәрінің жүзінен қуаныштың лебі еседі. Сондықтан спорт мектебіндегі кездесуге Серік Сәпиев уақыт бөліп, жас боксшылармен шеберлік сыныбын ұйымдастырып, оларға сенім беріп, болашақ арманын ұштады.

Қ. ОМАРАҚЫН
Көксу ауданы

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының мүшелері Іле ауданындағы «ВТК GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарайтын кірпіш зауытының тыныстіршілігімен танысып, кәсіпорын шығаратын өнімнің сапасын бағамдады. Ашылғанына бір-екі жылдың ғана жүзі болған өндіріс орнында тұрғын үйлер мен ғимараттардың қабырғаларын қалауға арналған заманауи блоктар шығарылады. «Неміс технологиясымен өндіріліп жатқан құрылыс материалының нарықтағы сұранысы өте жоғары», – дейді мамандар. Өйткені, кірпіш құрамына қажетті шикізаттардың дені өзімізден шығады. Ал оның сапасына келетін болсақ, басқа кірпіштерге қарағанда төзімді.

КӨШПЕЛІ ЖИЫН ӨТКІЗДІ

Болат МӘЖИТ,
"Жетісу"

Аталған өндіріс орны толықтай автоматтандырылған. Үздіксіз жұмыс істейтін ауқымы кең арнаулы пештердің тәулігіне 350 текшеметр кірпіш шығаратын қауқары бар. Зауытта 50 шақты адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Осынау игі істерді жүзеге асырып, ел экономикасын көтеруге өзіндік үлес қосып жатқан зауыт директоры, облыстық мәслихат депутаты Тоқан Ботабековке әріптестері дән риза болды.

Бұдан кейін зауыт әкімшілігінің мәжіліс залында тұрақты комиссия өз жұмысын бастады. Күн тәртібінде бірнеше мәселе қаралды. Атап айтқанда, өңірлердегі индустриялық-инновациялық, энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, сонымен қатар су және жылумен қамтамасыз ету желілері мәселелері кеңінен сөз болды. Жиынды комиссия төрағасы Асқар Сүлейменов ашып, жүргізіп отырды. Алғашқы баяндаманы облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Асқар Кенженов жасады.

– Бүгінде «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында 131 елді мекен сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. «2020 жылға дейін өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 49 нысанның су құбырлары мен дренаждарының құрылысына 6,7 миллиард теңге бөлініп отыр. Осы жылдың аяғына дейін тағы 25 елді мекен ауызсуға қол жеткізеді. Бір сөзбен айтқанда, облыс аумағында 647 елді мекенге ауызсу толықтай барды, – деген Асқар Жанайдарұлы облыстағы энергетикалық кешен талдықорған және Алматы аймақтары болып екіге бөлінетіндігін, бұл жұмыстар «ТАТЭК» пен «АЖК» акционерлік қоғамдарына тиесілі екендігін атап өтті. Жалпы бүгінгі таңда облысты энергиямен қамтамасыз ету 99,9 пайызды құрап отыр. Электр энергиясының үздіксіз берілуінің арқасында шағын және орта бизнестің дамуына кең жол ашылған. Өңірлерді көгілдір отынмен қамту мәселесі де жүйелі түрде жүргізілуде. Облыста 741 елді мекен болса, соның 112-не газ тартылған. Бұл реттегі жұмыстар ары қарай да қанатын кеңге жая бермек.

Одан соң облыстағы құрылыс жұмыстарын лицензиялау және олардың сапасын бақылау мақсатында атқарылып жатқан іс-шаралар туралы облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы басшысының орынбасары Мұрат Егізбаев баяндап, осы күнге дейін құрылыс қызметі саласындағы заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін 1052 әкімшілік іс қозғалғанына, оның 223-і процесуалды шешім қабылдау үшін сот органдарына жолданғанына тоқталды.

– Алматы облысының соттарымен жалпы сомасы 6,9 миллион теңге көлемінде 152 субъект әкімшілік жауапкершілікке тартылған. 2017 жылдың басынан рұқсатсыз салынған нысандардың 668 фактісі анықталып, оларға қатысты әкімшілік айыппұл салынды, – дейді Мұрат Егізбаев.

Сонымен қатар жиында облыстық құрылыс басқармасының биылғы атқарған жұмыстары және алдағы жоспарлары да сарапқа салынды. Бұл туралы облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Марат Нүсіпбаев есеп берді. Оның айтуынша, биыл облыс көлемінде 447 нысанның құрылысы жүргізілуде. Оның 287-і жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Ал қалған 160 нысан құрылысының толықтай аяқталуы келесі жылға жоспарланыпты. Өткен жылы 184 тұрғын үйдің құрылысына бюджеттен 7,1 миллиард теңге бөлінген. Ауылшаруашылық нысандарының құрылысына 577,73 миллион теңге жұмсалған.

Баяндамашылардың сөзінен кейін кезек ұсыныс, тілектерге берілді. Ең бірінші болып облыстық мәслихат депутаты Борис Артемов сөз алды. Ол Өтеген батыр кентіндегі 46 километрге жуық су құбырлары мен кәріздердің әбден тозығы жеткенін айтып дабыл қақты. Оның салдары халық денсаулығына зиянын тигізіп жатқанын тілге тиек етті. Құбырларды қайта жаңалаудың уақыты жеткендігін атап өтті.

Бұдан кейін депутат Өтегали Юнусов Заречный ауылы маңындағы саяжайларда тұратын оқушылардың мектепке қатынауы мұң болып отырғанын жеткізді. Оның айтуынша, саяжайда тұратын оқушы балалар Заречный ауылындағы мектепке жаяу қатынайды екен. Саяжай мен Заречный ауылын Алматы – Қапшағай тас жолы кесіп жатыр. Оқушылар амалдың жоқтығынан жол астындағы диаметрі бір метр болатын құбыр арқылы арғы бетке өтуге мәжбүр болуда. «Міне, осы күрмеуі қиын мәселені дер кезінде шешуге атсалуымыз керек», – дейді депутат. Жиында бұдан басқа да әлеуметтік мәселелер сөз болып, оларға назар аударылды.

Мәслихат комиссиясының отырысында жұртшылық тарапынан айтылған ұсыныстар мен тілектер толықтай ескеріліп, қаралған барлық мәселе бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

Іле ауданы

ЖАРКЕНТТЕГІ ЖҮЗДЕСУ

Өткен сейсенбіде ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Аңсар Мұсаханов пен Нұрлан Қылышбаев Жаркент өңіріне келіп, аудан тұрғындарымен жүздесті. Астанадан келген құрметті қонақтармен облыстық мәслихаттың хатшысы Сұлтан Дүйсенбінов пен Панфилов ауданының әкімі Темірлан Бектасов бірге жүрді. Қонақтар алдымен Жаркент қаласында өткен жылы ғана пайдалануға берілген 200 орынды «Алтын ұя» атты балабақшасы мен аудандық дене шынықтыру- сауықтыру кешенінде болды.

Түстен кейін аудандық әкімдіктің кіші жиынжайында депутаттар мен өңір белсенділері бас қосқан жиын өткізілді. Жиынды аудан әкімі кіріспе сөз сөйлеп ашып, кездесу мақсатын жүйелеп жеткізді. Кездесуде алғашқы сөз Аңсар Тұрсынханұлына ұсынылып, Парламенттегі аграрлық комитеттің мүшесі еліміздің кедергісіз дамуына жол ашатын жаңа заңдардың қабылданғанынан хабардар етті. Сонымен қатар ауылшаруашылық өндірісінің өркендеуіне игі ықпалын жасайтын заңдарға да тоқталды.

Кездесу барысында Еңбек Ері, Алматы облысы мен Панфилов ауданының Құрметті азаматы Күләш Айтжанова, аудандық мәслихаттың депутаты, кәсіпкер Адылжан Қожамбердиев сөз сөйлеп, шешімін күткен мәселелерді ортаға салды. Басқосуға қатысушылар ортасынан депутаттарға ауылшаруашылық өнімдеріне Үкімет тарапынан төленетін субсидиялар мен жеңілдетілген несиелер алу, Өсек өзенінің бойындағы бөгетті күрделі жөндеуден өткізу, жазғы мал жайылымына жету жолын қысқарту үшін Өсек өзеніне көпір салу мәселелері жөнінде сауалдар берілді. Сонымен қатар жайылымдық жерлерді тиімді пайдалануға байланысты Сенатта қаралатын заңға жазбаша ұсыныстар берілді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Марат Бопазов пен Серік Сәпиев Сарқан ауданына іссапармен келіп, жұртшылықпен жүздесіп, атқарылып жатқан жұмыстар және алдағы міндеттер жайында пікір алмасты.

ТҰРҒЫНДАРМЕН ТІЛДЕСТІ

Алдымен ат басын аудандық ауруханаға тіреген халық қалаулылары өткен жылдың соңында күрделі жөндеуге қаржы бөлінген аудандық аурухана ғимаратының құрылысымен танысты.

— Күрделі жөндеуді «Жөндеу Құрылыс» ЖШС жауапкершілігіне алған. Үшқабатты заманауи сипаттағы аурухана құрылысына жалпы 1 млрд. 677 млн. теңге қарастырылса, өткен жылдың соңында бөлінген 50 млн. теңге игерілу үстінде. Осы жұмысты жасауға 35 адам жұмыла кірісті, — дейді құрылыс прорабы Есен Карманов.

Аудандық аурухананың мәжіліс залында өткен жиынды аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков ашып, жыл басында халықпен кездесіп, өңірлерде атқарылып жатқан жұмыстармен танысу мақсатында келген депутаттарға халық атынан алғысын білдірді. Аудандық аурухананың бас дәрігері Алтай Шұлғаубаев денсаулық сақтау мекемесінің тыныс-тірлігін баяндады. Кездесуде сөз алған Серік Жұманғалиұлы мен Марат Дәрібекұлы денсаулық қызметкерлерінің жұмыстарына сәттілік тілеп, сайлаушылардың пікір-ұсыныстарына назар аударды.

Келесі кезекте халық қалаулылары аудандық жасөспірімдер және спорт мектебінде болып, спорттың шаңғы, зілтемір көтеру, джиу-джитсу, күрес, бокс түрлерімен айналысатын оқушылармен дидарласып, үйірме жұмыстарымен танысты. Болашақ спортшылар Олимпиада чемпионы Серік Сәпиевпен естелік суретке түсті.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

ЖАЙДАРМАН

ЖАН ЖЫЛУЫ МЕКЕНІ

Текелі қаласындағы Іскер әйелдер кеңесінің бастамасымен «Текелі Асар» қайырымдылық жобасын жүзеге асыру басталды. Аталмыш жоба аясында кәсіпкер қыз-келіншектер тұрмысы төмен азаматтар мен аз қамтылған отбасыларға қол ұшын созбақ.

Осыған байланысты қаладағы дүкендерде арнайы сөрелер қойылатын болады. Онда кез келген адам шай, печенье, кеспе, сондай-ақ, киімдер мен тұрмыстық заттар сияқты тауарларды қалдыра алады. Осылайша, әйел кәсіпкерлер қоғам назарын мұқтаж азаматтарға аударып, атаулы көмек беретін тұрақты алаң қалыптастырып, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға үлес қосуды мақсат етіп отыр.

«*Кейбір адам үшін шай, қант, кеспе сияқты күнделікті тұрмыста қолданылатын азық-түлік түрін сатып алу қиын емес шығар. Десек те, кейбір азаматтарға мұндай көмек үлкен шарапатын тигізбек. Сондықтан кімге қандай көмек, қай мөлшерде азық-түлік, тұрмыстық заттар керек, сол туралы ақпараттық орта қалыптастырғымыз келеді*», – дейді Текелі қаласы Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Райхан Сисекенова.

Қайырымдылық сөрелеріне «Текелі Асар», «Жан жылуы мекені» атты жазу орналастырылады. Аталмыш жобаға әкімдік, кәсіпкерлер палатасы мен «Текелі тынысы» газеті қолдау танытты. Қайырымдылық істі алғашқылардың бірі болып көрсеткендер қатарында қала әкімі Бақтияр Өнербаев, кәсіпкерлер палатасының Өңірлік кеңес және іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Римма Салықова, Кәсіпкерлер палатасының Текелі қалалық филиалының директоры Тұрысбек Жұмәділов секілді азаматтар бар.

Римма АЖДАРҚЫЗЫ: «*Қайырымдылық жобасын кәсіпкерлердің қызу қолдап, іске асырылуына белсенді көмек көрсетіп отырғаны өте қуантарлық жайт. «Текелі Асар» жобасын қайырымдылық мәдениеті мен әлеуметтік жауапкершілікті жоғарылатуға бағытталған республикалық «Атамекенім» акциясы аясында жүзеге асырып отырмыз. Сонымен бірге, іскер әйелдер бастамасымен өңіріміздің барлық аудан орталықтарын да «Бәрі де рахмет үшін» әлеуметтік дүкендері ашылатын болады*», – деді.

«Текелі асар» жобасының ұйымдастырушылары алдағы уақытта «Қайырымдылық сөрелерін» барлық дүкен мен сауда үйлерінде ашуды жоспарлап отыр.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Текелі қаласы

КӨКЖИЕК

Тәуелсіздік алғаннан кейін заман талабы өзгеруіне байланысты кәсіпкерлер саны көбейе түсті. Шаруашылықтар ыдырап жатқан тұста Жамбыл ауданындағы Самсы ауылының тумасы Балтабек Досмұхамбетов өзін бизнес саласында сынамақ ниетпен «Отырар» өндірістік кооперативін құрды. Алғашында үш адамнан құрылған кооператив нарықты жеке зерттеудің, жаңа өндірістік қатынастарды терең игерудің нәтижесінде аяғынан тік тұрып, сауда және өңдеу ісімен айналысып, қызмет көрсету аясын кеңейтті.

ТАБЫСКЕР КӘСІПКЕР

1950 жылы туған Балтабек Базарбайұлы орта мектепті Аққайнар ауылында бітіреді. Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ политехникалық институтын 1976 жылы тамамдайды. Қырық жасында кәсіпкерлікті бастауына түркиялық қазақ азаматының газетке: «Бауырлар, саудамен айналысыңдар, байлықтың көзі саудада» – деп жазған мақаласы әсер етті. Бір айдан соң тағы осындай материал жарияланды. Осыны ескерген Балтабек Досмұхамбет: «Бұлар бекер шырылдап жатқан жоқ, күш-жігерім бар кезде балаларымның болашағы үшін сауданы таңдағаным дұрыс» деген қорытындыға келді. Бастапқыда сауда туралы түсінігі жоқ Балтабек ағай қатты қиналды. Алғашқы кездері есік алдына үстел қойып, сағыз, темекі сияқты ұсақ-түйектер сатумен айналысты.

Кейіннен несиеге ескі бір үйді сатып алып, жөндеу жұмыстарын жүргізіп, дүкен ашты. Жылдар өте бірнеше дүкенді жалға алып, саудасын қыздыра түсті. Талмай еңбектенгеннің арқасында тез көтеріліп, зауыттан тікелей тауарлар алып, тұрақты баға қалыптастырды. 2000 жылдары жаппай супермаркеттер ашылып жатқан тұста қол қусырып қарап отырмай үлкен ғимараттар салумен айналысты. Қазіргі кезде Ұзынағаш ауылындағы ең ірі «Әсем-ай», «Марал», «Тойбастар», «Домалақ ене», «Дархан», тағы басқа да дүкендердің, сән салондары мен мейрамханалардың иесі. Балтабек аға 2008–2015 жылдар аралығында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқарды. Партия мүшелерінің де санын арттырды. Ұйымдастырушылық қасиеті зор азамат «Нұр Отанның» VI съезіне қатысып, сегіз жыл ішінде талай жастың қанатын қатайтты.

Бүгінде жас мамандарға арнап жатақхана салуды бастаған Балтабек ағаның айтуынша, Ұзынағашта мұндай спорт кешенімен бірге жобаланған үйлер жоқ көрінеді. Сондай-ақ, ол жас жеткіншектерді спортқа баулу қажеттігін айтады. Медициналық орталық ашу жоспарымен де бөліскен ағамыздың арманы асқар таудай. Жер алып, бау-бақша егіп, мал өсіргісі келетінін де жасырмады. Іскер азамат аудан көлемінде екі жүз шақты адамды жұмыспен қамтып, соның жиырмасын тегін тамақтандырып отыр. Қазір өзі ашқан кәсіп тізгінін үлкен ұлы Әлібек жүргізуде. Келешекте шетелден тауар импорттап, дүкендерінің қызмет көрсету сапасын Алматы қаласындағы «Magnum», «Рамстор» дүкендерімен теңестірмек ниетте.

Кәсіпкерлік пен қайырымдылық тізгінін қатар ұстаған кәсіпкердің шапағаты көптеген адамға тиюде. Тоқсаныншы жылдары жабылғалы тұрған медресе жұмысын жандандырып, бес жыл бойы молдаға жалақы төлеп, жастарды имандылыққа баулуға қол ұшын созды. Екі жетім қызды оқуға түсіріп, тағы басқа да жағдайы төмен адамдарды тамақпен қамтамасыз етуде. Қазір де мектеп оқушыларына көмек көрсетіп жүр.

Балтабек Базарбайұлы зайыбы Алма Сейдіғаликызымен өнегелі төрт ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Барлығы жоғары білімді, өмірден өз орындарын тапқан өрендер. Балтабек Досмұхамбеттің алға қойған мақсаттарының орындала беруіне тілектеспіз.

Майра АЛДАБЕРГЕНОВА
Жамбыл ауданы

Жетісу
1918–2018
№11 (18431), 27 қаңтар, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

РУХАНИЯТ



ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ МҰРАЖАЙ

Атамекен, туған жер сөздерінің мағынасы бай, мазмұны терең. Өйткені әр адамның атамекені, өзінің аты айтып тұрғанындай, бір мезгілде оның бабаларының да киелі мекені болып табылады. Содан кейін де кімге болмасын өзінің кіндік қаны тамған туған жерінен артық мекен жоқ.





Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туған жері Алматы облысының Қарасай ауданындағы Шамалған ауылы (бұл елді мекен қазіргі кезде Үшқоңыр ауылы аталады). Болашақ Елбасы 1940 жылдың 6 шілдесінде Үшқоңыр жайлауында дүниеге келген.

Назарбаевтар әулеті еңбекқорлығымен әрі ұйымшылдығымен ерекшеленетін. Анасы Әлжан апа да ағайын-туыстың ішінде беделді, сыйлы адам болатын. Ол кісінің ісмерлігі өз алдына, сөзге шешендігімен, суырып салма ақындығымен, тапқырлығымен, әншілігімен дараланған. Қазақтың «Алып анадан туады» деген сөзінің тегін айтылмағандығы осындайда ойға оралады.

Әлжан Бұқарбайқызы Жатқанбаева (1910 – 1977 ж.ж.) Жамбыл облысында, Қордай ауданының төріндегі Қасық (қазіргі Талапты) ауылында дүниеге келген.

Әкесі Әбіш Назарбаев (1903 – 1971 ж.ж.) өте қарапайым, еңбекқор, көпшіл адам болған. Жас кезінен еңбекте шыныққан азамат ер жете келе жер өңдеп егін салудың, диірмен жүргізіп, бау-бақша өсірудің шебері атанды.

Әбіш ақсақалдың ешкімге ұқсамайтын бір қыры – бауырмалдық қасиеті еді. Бұл қасиетін ол кісі соғыс жылдары Шамалғанға жер аударылған әртүрлі ұлт өкілдерімен (балқар, шешен, неміс, түрік) бірлесе жұмыс атқарған кезде нақты дәлелдеді. Осындай ұлт өкілдерінен құралған бригадада қажырлы еңбек атқара жүріп ол өз қабілетінің нәтижесінде, орыс тілін былай қойғанда, аталған ұлттардың тілінде де сөйлеуді тез үйреніп алды. Бұл туралы Нұрсұлтан Әбішұлы: «...Әкем жер ауып келген балқарлардың тілін жақсы білетін, олардың бауырындай боп кетіп еді», – деп жазады. Осы тұста айта кететін жайт, Елбасымыз Қазақстанда тұратын ұлттар арасындағы сыйластық пен татулықты сақтауды бала кезінен-ақ әке тәрбиесінен үйренгендей көрінеді.

Нұрсұлтан Әбішұлының Назарбай деген атасы қазақы ортаға танымал беделді би болған. Ол кісі ел ішінің тыныштығын сақтап, түрлі даудамайларды әділ шешіп отырған. Төрелік айтқандағы «қара қылды қақ жарған» әділдігі ескеріліп, көпшілік ұсынысымен Назарбай Сапақбайұлы 1909 жылы 52 жасында Шамалған өңіріндегі №4 ауылдың биі болып сайланады. Назарбай би болып отырғанда ел арасындағы дау-жанжал азайып, тыныштық орнайды.

Нұрсұлтан Назарбаев 1948 жылы Шамалған орта мектебінің табалдырығын аттайды. Қазіргі таңда бұл мектепке Қарасай батыр есімі берілген. Білім берген ұстаздарының айтуынша, бала Нұрсұлтанның есте сақтау қабілеті жоғары болғандықтан оқу үрдісін тез меңгеріп, бірден үздік оқыған. 1957 жылы бала саны жетіспегендіктен 10-шы сынып жабылып қалады. Сол жылы ол өзінің алты сыныптасымен Қаскелеңдегі Абай атындағы орта мектепке ауысады. Бұл мектепте жүргенде спортпен тұрақты түрде шұғылданады. 1958 жылы Абай атындағы Қаскелең орта мектебін үздік бітіреді.

Талабы тас жаратын шәкіртінің басқалардан ерекше қабілеті мен қасиетін жетекшісі Дмитрий Изотович Погорелов байқайды. Ұстазы туралы естелігінде Елбасы: «Металлург боламын деп Днепродзержинскіде оқып жүрген кезімде ұстаздарымыз өндірістен мол тәжірибе жинаған адамдар болатын. Біздің тобымызға Дмитрий Изотович Погорелов жетекшілік етті. Ол өзі бір металлургиядан да, өмірдің өзінен де танып білгені мол ерекше жан еді. Бізге күнделікті маңызы бар қарапайым ақыл-кеңесін жиі-жиі беріп тұратын. Біздің бәріміз де Дмитрий Изотовичке өзіміздің нағыз жанашыр ағамыз, жолдасымыз ретінде бауыр басып кеттік. Кейде біздің өзара әңгімелерімізді құлақ түре тыңдайтын, содан жүзімізге қадала қарап отырып кенеттен: «Сен, жігітім, инженер боласың, сен цех бастығы боласың, ал сен (бұл жолы маған бұрылды) Министрлер Кеңесінің төрағасы боласың» деп сайрай жөнелетін», – деп есіне алады. Көпті көрген ұстаз сол кезде-ақ жас Нұрсұлтанның басқалардан өзгеше екендігін көріп, тіпті болашағын да дәл айтып бергені тегін болмаса керек. Ол кісі жігерлі, зерек, сұңғыла Нұрсұлтанның қазақ елінің тұңғыш Президенті болатынын сол кезде-ақ сезгендей екен.

Жалындаған жастық шағынан-ақ дара қасиеттерімен айналасын түгел мойындатқан Нұрсұлтан Назарбаев 1990 жылдың ақпан-сәуір аралығында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметімен қатар Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы қызметін атқарады. 1990 жылдың 24 сәуірінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымының бірінші сессиясында Н. Назарбаев республика тарихындағы тұңғыш Президент болып сайланады.

Қазір Үшқоңыр ауылында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы жұмыс жасауда. Бұл орталықтың басты ерекшелігі – әлем таныған саясаткердің балалық шағынан бастап тұңғыш Президент болғанға дейінгі жүріп өткен жолынан дерек беретін сан алуан экспонаттармен жабдықталған экспозициялық залдардан тұрады. Орталықта 1 дәліз және 4 экспозициялық зал бар. Бұл экспозициялық залдарда Президенттің фотолары, әр кезеңде киген киімдері, ұстаған заттары, басқа да құнды құжаттар мен Қазақстан Республикасының жетістіктерін көрсететін бағалы жәдігерлер хронологиялық ретпен, жүйелі орналасқан.

Орталыққа кіргендегі дәліздің дәл ортасында тәуелсіздік символы – «Мәңгілік Ел» монументі орналасқан. Монументтің сол жағындағы қабырғада Дэвид Датунның (АҚШ) «Назарбаев – Наследие Миллионов» атты портреті ілінген. Қарапайым көзәйнектің шыны көздерінен құрап жасалынған бұл туындыға алыстан қарасаңыз Елбасының портретін көресіз. Ал, жақындап келгенде бүкіл қазақтың хандары мен билерін көріп қайран қаласыз. Мұның өзі Елбасымыз атабабаның бүкіл қасиетін, хандар мен сұлтандардың ел басқарудағы көреген саясатын бойына сіңірген дегенге меңзеп тұрғандай.

Бірінші залда бала Нұрсұлтанның бақытты балалығы мен мектептегі және студенттік шақтарынан, еңбек жолынан сыр шертетін отбасылық фотолары тәрізді құнды жәдігерлер қойылған.

Жәдігерлердің ішінде Президентіміздің туған үйінің макеті ерекше көз тартады. «Арманшыл бала» мүсіні ұшқыш болуды армандаған Нұрсұлтан бейнесін сомдайды. Залдың бір қабырғасына «Евразия жүрегінде» атты еңбектегі дәйекті ойлар мен тұжырымдар жазылып қойылған.

Екінші экспозициялық зал Тәуелсіздік кезеңіне арналған. Бұл залдан тәуелсіздіктің қалануындағы ең басты саяси қадамдар мен мәнді шаралар көрініс береді. Залдың бір басында Алматыдағы «Тәуелсіздік монументінің», тағы бір басында Астанадағы «Бәйтеректің» макеті қойылған.

Үшінші зал Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған. Аталған залда Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері айқын көрсетілген. Сәулеті әлемді мойындатқан «Ақорданың» макеті де осы залда орналасқан.

Төртінші зал экспозициясы да заманауи талапқа сай жабдықталған. Залдың дәл ортасына ғылыми конференциялар мен әртүрлі тақырыптағы пікірталастарды өткізуге арналған дөңгелек үстел қойылған. Сол жақ қабырғаға Елбасының ТМД елдері басшыларымен түскен суреттері, ал оң жақ қабырғаға шетел басшыларымен түскен суреттері ілінген. Мемлекет басшыларының Н. Назарбаевқа сыйға тартқан заттары да осы залда орналасқан.

Бұл залдың басты ерекшелігі – төбесі, яғни шаңырағы жарқын болашаққа деген сенімге негізделіп жасалған. Сегіз қыры бар шаңырақтың түйіскен тұсына, яғни дәл ортасына ерекше талғаммен жасалған үлкен шамшырақ (люстра) ілінген. Бұл қазақтағы «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген сөз орамының астарлы мағынасын түсіндіріп тұрғандай.

Қыдыр НҰРҒОЖА,
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының ғылыми қызметкері

ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

Тың міндеттер ЖҮКТЕЙДІ

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жаңа Жолдауында технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне өтудегі батыл бастамалар айқындалды. Әсіресе, елімізді өркендетудің келешектегі 10 басым бағыты түсіндіріліп, ауқымды тапсырмалар берілген. Өз кезегінде, облысымызда Жолдауды талқылап, ондағы міндеттерді атқарудың жолдары қарастырылуда. Осыған орай облыстық экология департаментінде Жолдау талаптарын талқылау мақсатында жиналыс өтті. Оған департамент мамандары, өңіріміздегі экологтар, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушылары мен «Экология» мамандығында оқитын студенттер қатысты.

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Шара аясында бірінші болып сөз алған облыстық экология департаментінің басшысы Қонысбек Байеділов Елбасы Жолдауы туралы баяндама оқып, жарқын келешекке жол ашатын маңызды құжатты егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

– Елбасы жыл сайын Жолдауын ұсынып, еліміздің даму бағыттарын белгілеп, жаңа жетістіктерге жетуге бағдар беріп келеді. Иә, алдымызда әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену сынды ұлы мақсат тұр. Биылғы Жолдауда Мемлекет басшысы төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың он басым бағытын көрсетті. Өміріміздің өркенді, жұмысымыздың табысты, келешегіміздің көркем болуы үшін оның әрбірі маңызды.

Жолдауда көрсетілген бағыттардың барлық саланы жаңғыртуға тың серпін беретіндігі белгілі. Ол үшін индустриалды-инновациалық дамудың даңғыл жолына түсіп, адами капиталды өркендетуіміз, ауылшаруашылық, медицина, білім-ғылым саласындағы жетістігімізді еселей түсуіміз керек. Елбасы Жолдауында бұл тұрғыдан да тапсырмалар айтылып, оны атқарудың жолдары айшықталды. Маңызды құжат қоршаған ортаны қорғаумен айналысып, еліміздің экологиялық мәселелерін реттеп отыратын экологтарға да жаңа міндеттер жүктейді. Оны абыроймен атқару – барлығымыздың борышымыз, – деді ол.

Осыдан кейін сөз алған облыстық экология департаментінің зертханалық-талдамалы бақылау бөлімінің бас маманы Сердалы Сариев, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті жаратылыстану-техникалық факультетінің «Экология» мамандығының студенттері Ақбота Аукен, Мадина Ахметжанова және департамент мамандары мен басқа да қонақтар ойларымен бөлісіп, Елбасы Жолдауының маңыздылығына тоқталды.

ДАМУДЫҢ даңғыл жолы

Сәрсенбінің сәтінде Талғар ауданы әкімдігінің мәжіліс залында актив жиыны өтті. Күн тәртібінде ел Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған жаңа Жолдауы талқыға түсті.

Ұлбосын ИСАБЕК,
“Жетісу”

Актив жұмысына облыстық, аудандық мәслихаттың депутаттары, қала мен ауыл әкімдері, басқарма, комитет, мекеме басшылары мен «Нұр Отан» пратиясы филиалының, этномәдени бірлестіктердің, ардагерлер кеңесінің, басқа да салалардың жетекшілері қатысты. Жиында аудан әкімі Райхан Садықова тақырыпқа орай кең көлемді баяндама жасады.

– Елбасымыздың биылғы Жолдауы әлемдік дағдарыс жағдайындағы мемлекеттің іс-қимылына, еліміздің жаңа экономикалық ортаға бейімделу шараларына арналады. Өткен жылы Үшінші жаңғыру аясында «Рухани жаңғыру» бағыты бойынша кешенді іс-шаралар атқарылып, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы қабылданған болатын, – деген баяндамашы бұдан әрі Елбасы атап өткен 10 негізгі тапсырмаға тоқталды.

– Елбасы «Агроөнеркәсіп кешенін жаңа технологиялық деңгейге көтеру ауылшаруашылығында еңбек өнімділігі мен өңделген өнім экспортын түбегейлі арттыруға тиіс», – деп атап өтті үшінші тапсырмасында. Бұл орайда «ақылды технологиялардың» агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамытуға қосар үлесі зор. Ауданымызда өткен жылы ауылшаруашылығы бойынша жалпы табыс 46,5 млрд. теңгені құраса, ал өнеркәсіп саласында 30 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Шағын және орта бизнес саласы бойынша да айтарлықтай оң өсім байқалды. Сөйтіп аталған салада отыз мыңға жуық адам жұмыспен қамтылды, – деген аудан басшысы Райхан Нұрмырзақызы аграрлық ауданның басқа да салаларының жетістіктерін тарқатып өтті.

Сондай-ақ, «цифрлық дәуірдің» талабына орай атқарылып жатқан іс-шаралар мен ауыл арасы жолдарының жасалуы, тұрғын үй құрылысы жайында да жан-жақтылы баяндады. Осылайша, жеткен жетістіктерді саралаған аймақ басшысы алдағы атқарылуға тиіс міндеттерді бөлімдер мен салалардың жауапты басшыларына қадап тапсырды. Елбасы Жолдауының құндылығы мен маңыздылығы жайлы ауданның белсенді азаматтары жарыссөзде жарыса айтты. Атап айтсақ, «Нұр Отан» партиясы Талғар аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мейрамгүл Ермағанбетова, «Мадияр» шаруа қожалығының төрағасы Қасенхан Әуелбаев, аудандық мәслихат депутаты Светлана Алмабекова, «Кәусар» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Нәйля Үмбетова, Талғар қаласындағы №1 орта мектептің директоры Зәмзәгүл Мушрапилова және Белбұлақ ауылдық дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі Жантас Әкімбаевтың жаңа Жолдау төңірегіндегі ой-пікірлері мазмұндылығымен ерекшеленді.

Талғар ауданы



КӨКЕЙКЕСТІ



Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық әмбебеп кітапханасында «Біздің таңдауымыз – жемқорлықсыз болашақ» атты «дөңгелек үстел» өтті. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және аталған кітапхананың мұрындық болуымен өткен шараға ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшылары, қызметкерлер мен студенттер қатысты.

ІНДЕТТІ ЖОЮ – МІНДЕТ

Шарада сөз алған «Нұр Отан» партиясы Талдықорған қалалық филиалының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қоғамдық кеңесі төрағасының орынбасары Иманғали Құдайбергенов:

– Жемқорлық қазіргі заманның ең назар аударатын індеті болып тұр. Негізінде жемқорлық бұрыннан бар. Ол кезде мал, дүниемүлік түрінде байқалған болса, қазір құжат жасату барысында да жүзеге асуда. Бүгінгі таңда құжатқа қол қойдырып, жеке жұмысты бітіру үшін ақша талап етілетін жағдайлар орын алуда. Бұл заң бұзушылық болып табылады. Қытайда осы мәселені заң тұрғысынан тыйып келеді. Біз де дәл осылай заңды тұрғыда жұмыс жасауымыз керек, – деді.

Өз кезегінде сөз алған Жетісу мемлекеттік университетінің аға оқытушысы Дәурен Бекжанов еліміздің дамуына кері әсерін тигізетін жемқорлық мәселесі екенін, оның пара алу, пара берумен шектелмейтінін, жаңа қабылданған заңға сәйкес сыбайлас жемқорлық деп көрсетілген қызмет үшін берілетін сыйлық, басқа да кез келген «рахмет» түрі саналатынын тілге тиек етті.

Еліміз сыбайлас жемқорлық көрсеткіштері бойынша алдыңғы орындарда. Мұның бір себебі, осындай қылмыспен күдікті ұсталса, оны бірден ақпарат құралдарына жариялап жібереді. Бұл жоғарыдағы нәтижеге әкеп соқтырады. Ал Испания елінде қозғалған іс аяқталмайынша оны жарияламайды екен. Осындай үрдіс біздің елде де қолданылса деген ұсыныс жасалынды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің бір ғана адамның емес, тұтас қоғамның атсалысуымен жүзеге асатыны бәрімізге белгілі. Ендеше бұл кеселді жеңу үшін көпшілік болып атсалысуымыз керек.

Думан КЕҢШІЛІК

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 11 (18431)
Сенбі, 27 қаңтар, 2018 жыл.

ӨҢІР ДАМУЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Қапшағай қаласына арнайы ат басын бұрып, берілген тапсырмалар бойынша қаланың абаттандыру жұмыстарының нәтижелерімен танысты. Қапшағай қаласының әкімі Талғат Қайнарбеков қалалық саябақ аумағын дамыту тұжырымдамасымен, жағажай аумағын дамыту, көп қабатты үйлердің аулаларын абаттандыру сызбасымен, сол сияқты Мәдениет үйі мен денешынықтыру, сауықтыру кешендері құрылыстарының үлгілерімен таныстырды.

Мақпал МЫСА,
"Жетісу"



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

ҮЛГІ ТҰТАР ҚАПШАҒАЙ

Заманауи үлгідегі ландшафтық дизайн элементтерінен құралған тұсаукесер рәсімі орталық саябақта өтті. Облыс әкімі Мәдениет үйлері мен тұрғын үй құрылысы жобаларын әлі де егжей-егжейлі қарастырып, биылға жоспарланған құрылыс жұмыстарын мерзімінен кешіктірмей бастауды тапсырды.

Бұдан кейін облыс әкімі 104 орынды мінбері бар жаңа стадионда болды. Стадион жанында футбол, волейбол, теннис, бокс, баскетбол ойнайтын бес спорттық алаң бар. Бұл жобаларды жүзеге асыруға 138,5 млн. теңге қаражат жұмсалған. Сонымен қатар қалалық жағажайда жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары да таныстырылды. Жаз шыға шомылу науқаны қызатын бұл аймақта демалушыларға қолайлы жағдай қалыптастыру үшін барлық мүмкіндік жасалған. Жағажайға баратын жол салынып, автокөліктер тұрақтайтын орын да ойластырылған. Жүгіруге, серуендеуге, жаяу жүргіншілерге арналған жолдарда жол жамылғысы түрлі түсті тастан жасалып, жан-жағы гүлзарлармен көмкеріліп, жүргіншілер демалатын орындықтар қойылған. Жағалау аймағында 200 автокөлікке арналған автотұрақ бар. Барлық жұмыс өткен жылдың ақпанынан маусым айына дейін жүргізілді. Жобаны іске асыруға 557,7 млн. теңге қаражат жұмсалып отыр.

Жоспар бойынша кезекті бағыт тұрғын үйлер аулаларын аралаумен жалғасты. 1-шағын аудандағы № 24, 25 үйлер алаңдарына балаларға арналған футбол, ойын алаңдары салынған. Киреберістегі асфальт жабындысы ауыстырылып, көгалдандырылып, орындықтар орнатылып, қоқыс жәшіктері қойылған. Абаттандырудың ерекшелігі сол, бірнеше аула бір футбол алаңына біріктірілген, жеке аумақтарда «МаксДорСтройСервис» ЖШС дайындаған балалар әткеншектері, орындықтар қойылған. Аталмыш серіктестіктің бас директоры Александр Скоропатскийдің айтуынша, алаңқайдағы ойын құрылғылары ұзақ мерзім қызмет етеді, сапалы, қауіпсіз әрі қолайлы.

Өз кезегінде қала әкімі биыл аулаларды абаттандыру барысында тұрғындар тарапынан түскен ұсыныс-пікірлердің ескерілгенін айтты. Енді бірқатар аулада хоккей алаңдарын салу жоспарда бар. Жалпы өткен жылы 29 аула абаттандырылса, енді 30 ауланы жаңғыртуға қаржы қарастырылып, құрылыс жұмыстары жүргізілетін болады.

Бұдан әрі «Қапшағайжылу» МКК-нің су жылыту қазандығы жанында әңгіме өрбіді. Қапшағай қаласы мен Заречный ауылының қазандықтарын алдағы уақытта табиғи газға қосудың жолдары қарастырылып, техникалық шарттары жасалуда. Бұл қатты отынға қарағанда әлдеқайда тиімді.

Қаланы абаттандыру барысындағы жұмыстардың сапалы жүзеге асып жатқанын көрген облыс әкімі жиынға қатысқан басқа аудан, қала әкімдерін осы істің нәтижесін көзбен көріп, көңілмен түйіп, үлгі алуға әдейі шақырғанын айтып өтті.

Амандық Ғаббасұлы бұдан соң Қапшағайда облыс әкімдігінің көшпелі мәжілісін өткізді. Мәжіліс жиынында облыс әкімі Жамбыл, Көксу аудандары мен Қапшағай қаласының жыл ағымындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен келер жылдың жоспарлы жұмыстарымен танысты. Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауына сәйкес облыс экономикасының дамуына күш салу керектігін баса айтты. Сонымен қатар жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, ауылшаруашылығы саласында атқарылып жатқан жұмыстарға да назар аударып, арнайы тапсырмалар берді.

Қапшағай қаласы

БРИФИНГ

БАЛЛДЫҚ ЖҮЙЕМЕН БАҒАЛАНАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Жолдау басымдықтарын жүзеге асыру» тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті. Жиында Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауының сегізінші тармағындағы тиімді мемлекеттік басқару мәселесі туралы сөз қозғалды.

Мемлекеттік қызметкерлердің ынтасын арттыру мақсатында балдық шкалаға негізделген еңбекақы жүйесін енгізу керек. Бұл дегеніміз – қызметкерлерді жасаған ісіне, қабілеттарымына және нәтижесіне қарай бағалау. Әр айдың соңында қызметкердің көрсеткен нәтижесі балдық шкаламен есептеліп, қосымша үстемақы төленіп отырады. Ал жыл соңында жоғары көрсеткіші белгілі болса, 4 айлық көлемінде сыйақы беріледі. Аталған жоба қанатқақты болып саналғандықтан еліміздің барлық жерінде емес, тек Астана мен Маңғыстау облысында жүзеге асады. Жобаға сәйкес қызметкерлерге мерекелерде сыйақы берілмейді. Есесіне, еткен еңбегіне қарай жоғарылатылған жалақы алады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің басшысы Серікбай Нұрғисаев: «Сыбайлас жемқорлық – экономиканы тұқыртатын жегі құрт», – деп атап өтті. Оны бүгіннен жоймасақ кейін белең алып кетуі ықтимал екенін айтты. Өткен жылы 62 тәртіптік іс қаралса, оның 43-іне жаза қолданылды, ал қалған 19-ы Әдеп кодексі бойынша кінәлі деп табылған. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда айтарлықтай аз. Айта кету керек, бұл бойынша былтыр екі мыңға жуық шара өткізілген.

– Халық жаппай цифрландыруға көшу керек. Бұл жобаның тиімділігі сол, әр адам үйден шықпай-ақ құжат мәселесін шешіп алуға болады. Бұл «eGov.kz» порталында жүзеге асады. Осы орайда информатика пәні мұғалімдерін аталған порталда жұмыс істеуге үйрету үшін шаралар жүргізіліп жатыр. Одан әрі ұстаздар алған білімдерін оқушыларға беретін болады, – деді Серікбай Өрікбайұлы.

Думан КЕҢШІЛІК

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЖУРНАЛИСТЕР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

«Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі – Жолдаудың басты бағыты» атты жаппай облыстық бірыңғай сағаты өтті. Аталмыш жиын облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Журналистер үйінің мәжіліс залында көрініс тапты.

Мәулен ӘНЕРБАЙ,
"Жетісу"

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында өткен басқосуға облыстық «Жетісу» телеарнасы, «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің тілшілері қатысты. Алғысөзінде облыстық ішкі саясат басқармасының әкімшілік бөлім басшысы Жұмаш Ибраева бүгінгі шараның ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің ұсынысымен өткізіліп жатқандығын айтты. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның аясында көптеген жұмыстар атқарылып жатқандығын, әлі де болса жалғаса беретінін жеткізді. Сондай-ақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауындағы тоғызыншы міндетке тоқталып өтті.

– Жолдаудағы «Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі» – деп аталатын міндетті орындау үшін жұмысқа кірісіп кеттік. Сондықтан бірлесе қызмет атқаруға шақырамын. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің кеңейтілген кеңес хаттамасын орындау мақсатында 2017 жылы 4 млн. 700 мың теңгеге 5 әлеуметтік жоба іске асырылды. Өңірдегі сыбайлас жемқорлықтың, құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған шаралар БАҚ-та, атап айтар болсақ, облыстық «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттерінде және 19 аудандық, қалалық газеттерде кеңінен жарияланауда. Арнайы айдарлар ашылып, тұрақты түрде жүргізілуде. Облыстық «Жетісу» телеарнасында апта сайын қазақ, орыс тілдерінде бағдарламалар мен шаралар көрсетіледі, – деді Жұмаш Шыныбекқызы.

Жиында облыстық «Жетісу» телеарнасының кеңесшісі Ахмет Кендірбекұлы:

– Мемлекетте үлкен ресми құжаттар болады. Бірі – стратегиялық, бірі – тактикалық. Стратегиялық – ұзақ мерзімге қабылданады. Осының аясында жыл сайын Жолдау жарияланады. Жемқорлықпен күрес сонау Аристотель заманынан бері жалғасып келеді. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе – бұл заңдар мен өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ» дейді ғұлама. Заң мықты болу керек, сонда жемқорлық та белең алмайды, – деген пікір білдірді. Сонымен қатар, даласында түрмесі болмаған халқымызда тәртіптің қалай сақталғаны жайлы кеңінен айтып өтті. «Жеті жарғы», «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» мысалға келтірді. Облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Мәди Алжанбай болса, жемқорлықтан арылу жолдарын журналистер мен блогерлер бірлесе насихаттауы керектігін баяндады.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС ЖҮЙЕЛІ ЖАЛҒАСАДЫ

Облыстық әкімдіктің мәжіліс залында облыстық ішкі істер департаментінің өткен жылғы жедел-қызметтік жұмысының қорытындысына арналған кеңейтілген жедел кеңес өтті. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лазат ТҰРЛАШОВ, өңірдегі барлық құзырлы органдардың басшылары, облыстық ішкі істер департаментіне қарасты басқармалардың басшылары, Талдықорған қаласының әкімі, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан алқалы жиында облыстық ішкі істер департаментінің басшысы, полиция генерал-майоры Мұрат ҰРҰМХАНОВ баяндама жасап, аймақтағы қылмыстың ашылуына, құқықбұзушылықты болдырмауға қатысты атқарылған жұмыстардың нәтижесін таныстырды.

Мәди АЛЖАНБАЙ,
"Жетісу"

Өз баяндамасын:

– Мемлекет басшысы атап өткендей, қылмыспен күресте полиция қызметкерлері алдыңғы қатарда тұруы және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бірінші болып қорғайды, – деп бастаған Мұрат Жәлелұлы былтыр ашылған қылмыстың көрсеткішін көпшілік назарына ұсынды. – *Былтыр облыстық ішкі істер органдары атқарған жұмыстар аймақтағы жедел жағдайдың бақылауда болғандығынан хабар береді. Осы кезеңде қылмыс саны едәуір азайып, көрсеткіш 6,8%-ды құрады. Сонымен қатар ауыр және аса ауыр қылмыстардың ашылуы мен тергелуіне қатысты жұмыстарды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді. Соның арқасында ауыр қылмыстардың ашылу деңгейі 65,8%-ға дейін артса, аса ауыр қылмыстар 94,7% ашылды. Мұндай көрсеткіш кісі өлімінде, денсаулыққа қасақана зиян тигізу деректерінде, қарақшылық оқиғаларында, ұрлық пен тонауда жоғарылаған. Сондай-ақ, ертеректе жасалған қылмыстардың ашылуына баса назар аударылып, осындай 3 мыңға жуық қылмыс анықталды. Осындай жұмыстардың арқасында 10 735 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Дегенмен, тіркелген қылмыстардың 50%-ы әлі ашылған жоқ. Осыған байланысты әрбір аудан мен қаладағы ішкі істер бөлімдерінде қолға алынған шаралардың тиімділігіне мониторинг жасау керек. Сол көрсеткіш бойынша нашар нәтиже көрсеткен бөлімшелерге көмек берілуі тиіс.*

Баяндамашының айтуынша, жалпы қылмыстардың 61,9%-ын біреудің мүлкін ұрлау, яғни ұрлық құрап отыр. Осыған байланысты «Мал ұрлығы», «Пәтер», «Ұялы телефон», «Көлік ұрлығы», «Теріс қылық» атты барлығы 13 шұғыл-профилактикалық шара өткізілген. Өзгенің мүлкін ұрлаудың жолын қию мәселесі үш рет ведомствоаралық жиналыста қаралып, облыстық мәслихаттың шешімімен «малшы – қожайын – жергілікті атқарушы орган» сипатындағы үшжақты келісім жасасу жөніндегі жоба қолға алынды. Бұл малын қараусыз қалдырған түлік иелерінің жауапкершілігін арттыруға септігін тигізеді. Осыған орай мал ұрлығы 2,0%-ға азайып, мыңға жуық ұрлыққа қатысы бар екендігі анықталған 376 қылмыстық топ қолға түсті. Олардың қатарында 235 пәтерді тонауға қатысқан 71 топ, 217 бас малды қолды қылған 86 ұры бар. Сонымен қатар, 15 автокөлікті айдап әкеткен 10 қылмыстық топ ұсталған. Мысалы, былтыр Талдықорғандағы 14 пәтердің тоналуына қатысқан қылмыстық топ ұсталса, Жамбыл ауданында 10 пәтерді тонаған 5 адамнан құралған қылмыстық топ құрықталды. Сарқан, Алакөл аудандарында 11 мал ұрлығын жасаған баукеспе ұрлар тобы қолға түскен. Осындай мәліметтерге орай қысқа мерзімнің ішінде ұрлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018–2020 жылдарға арналған бағдарламаны жүзеге асырудың жобасын жасауды ұсынған полиция генерал-майоры Мұрат Ұрұмханов қылмыстың алдын алуға байланысты тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізу керектігін ескертті.

Былтыр ұйымдасқан қылмыстық топтар жасаған 181 қылмыс анықталған. Олардың қатарындағы 36 дерек жезөкшелікпен және жеңгетайлықпен айналысуды ұйымдастыру болса, 12 қылмыс адамның бостандығын заңсыз шектеуге қатысты тіркелген. Одан бөлек, 2 дерек жезөкшелікке мәжбүрлеуге байланысты болса, 1 қылмыс кәмелеттік жасқа толмағандарды саудалауға қатысты қозғалған. Сонымен қатар қылмыстық ортаның 5 беделді тұлғасы, ұйымдасқан қылмыстық топтың 1 көсемі мен 23 мүшесі қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Бұдан соң облыстық ішкі істер департаментінің басшысы есірткі бизнесімен күреске қатысты мәліметтерге тоқталып, бұл бағыттағы жұмыстардың бір сәтке де толастамайтынын жеткізді. Оның пікіріне қарағанда, Жетісу жерінің жағрафиялық орналасуы мен транспорттық инфрақұрылымның толассыз дамуы Ауғанстан, Тәжікстан сияқты Азия елдерінен шыққан есірткі заттарын Ресейге заңсыз тасымалдаушыларға таптырмас жол болып отыр. Осыған орай есірткі заттарының бір бөлігінің облыс көлемінде таратылуы мүмкін екендігі алаңдатады.

(Соңы 4-бетте).

ОЙ-ӨРІМ

Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек.

Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық қана – шын мәнінде қымбат табыс.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

ЕЛ МҮДДЕСІ

Стандартқа сай болсын

Облыстық әкімдіктің кіші жиынжайында облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжановтың төрағалығымен жиын өтті. Онда жол бойындағы нысандарды халықаралық стандартқа сәйкестендіруге қатысты атқарылған жұмыс барысы сөз болды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Бүгінде өңіріміздегі республикалық және жергілікті маңызы бар жол бойларында халыққа қызмет көрсететін 335 нысан бар. Алайда олардың дені халықаралық стандартқа сәйкес емес. Олардың бірінде азық-түлік дүкені жоқ болса, енді бірінде дәретхана қарастырылмаған. Талап бойынша жолдан 25 метр қашық салынатын нысандардың кейбірі күрежолдың шетінде тұр. Есіктен шыға келген адамды жоғары жылдамдықпен келе жатқан көлік іліп әкететіндей қауіпті. Ал бүгінде Азия мен Еуропаның аралығына керуен тартқан көліктердің облысымыздағы жолдарды кесіп өтетінін ескерсек, бұл олқылықтарды дер кезінде түзету керек.

Осыған орай өткен жылы жоғарыда көрсетілген нысандардың 100-ін ұлттық стандартқа сәйкестендіру қолға алынды. Бұл нысандарды аудандар бойынша таратып айтатын болсақ, Алакөл, Ескелді, Панфилов аудандарында 3, Кербұлақта 1, Қапшағай қаласы мен Үйғыр ауданында 2, Талғарда 12, Іледе 7 жанар-жағармай құю беті, сондай-ақ, 1 тамақтану орны стандартқа келтіріледі. Қарасайда 11 жанар-жағармай құю бекеті мен 3 кафе, Жамбылда 5 жанар-жағармай құю бекеті мен 2 кафе, Еңбекшіқазақ ауданында 12 жанар-жағармай құю бекеті мен 1 кафе ұлттық стандартқа сәйкестендіріледі деп жоспарланған. Алайда, жоспар өз деңгейінде орындалмаған. Тиісті мекеме өкілдері оның себебін бөлінген қаржының жетіспеушілігімен түсіндірді.

Облыс әкімінің орынбасары халықаралық, республикалық маңызы бар «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» транзиттік дәлізі мен Алматы – Қапшағай күрежолының бойына салынатын сервистік нысандардың орнын анықтауды, құрылыс жұмысын қадағалауды тиісті мекеме өкілдеріне тапсырды.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Естебекұлы отырыста қаралған мәселелердің алдағы уақытта да назардан тыс қалмайтынын ескертіп, жұмыс қарқынын жылдамдатуды міндеттеді.

■ ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

ӨРКЕНДЕУ БАҒЫТЫМЕН

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясатының ықпалымен еліміз өркендеп, жылдан-жылға көркейіп келеді. Жыл сайын көптеген мәселелердің түйіні шешіліп, халық игілігі үшін қыруар жұмыстар атқарылуда.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты бұл жолғы Жолдау цифрлық дәуірге бейімделудегі негізгі 10 міндетті анықтап берді. Оларды нақты тізбелейтін болсақ, бұл орайдағы міндеттер индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс, ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту, «Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу, қаржы секторын «қайта жаңғырту», адами капитал – жаңғыру негізі, тиімді мемлекеттік басқару, жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі, «Ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін деп аталады.

Осынау 10 міндетті орындай келе, біз жаңа заман талабына сай біртұтас ұлт болып қалыптасуымыз керек. Осы мақсатымызды толықтай іске асырып, Мәңгілік Ел екендігімізді төрткүл дүниеге танытсақ деген меже айқын. Елбасының халықты баспанамен қамту туралы шешімінің де көпшілік көңілінен шыққаны сөзсіз.

«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» деген бар. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, Жолдаудың жүзеге асырылуына атсалысуымыз керек. Сонда ғана дамыған 30 елдің қатарына енеміз.

Б. ЖАНТАСОВ,
«Нұр Отан» партиясы Сарқан аудандық филиалы есеп және статистика секторының меңгерушісі

Жаһандану заманында бар-шамызға ортақ байланыс құралы ағылшын тілі болып тұр. Осы орайда 2019 жылдан бастап 10-11-сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін оқытуды ағылшын тіліне көшіру басталмақ. Бұл заман ағымына ілесудің үлгісі екені айтпаса да түсінікті. Ал осы жастарға білім нәрін беріп, сусындатар – мұғалімдер. Педогогтар білімді болса, шәкірт те тәлімді болмақ. Өйткені балаларға ата-анадан кейін тәрбие беретін, жаңа өмірге нық қадам басуға талпындыратын ұстаздар қауымы. Жолдау тармақтарында айтылған педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау, білім беру мекемелерінің арасындағы бәсекелестікті арттырып, жеке капиталды тарту үшін қала мектептерінде жан басына қатысты қаржыландыруды енгізу, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартып, әлемдік университеттердің кампустарын ашу – заман талабына ілесудің үрдісі десек те болады.

БІЛІМ БИІККЕ бастайды

Біз, ұстаздар қауымы, Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларында айтылған басты мәселелерге мән беріп, білімғылымға қатысты бағыттары бойынша алдағы жұмысымызды жүйелейміз. Биылғы Жолдауында ел дамуының басты 10 бағытын атап көрсетті. Әрі дамудың қайнар көзі білімде, жаңа технологияда екенін де айта кетті. Оған негіз болатын ұстаздардың кәсіби шеберлігі. Бұл ретте жаңартылған білім мазмұнына көшкен мұғалімдердің лауазымдық жалақысының 30 пайызға, біліктілігінің расталуына байланысты 30 пайыздан 50 пайызға дейін көтерілетінін де жеткізіп, көңілімізді қуантты. Бұл да болса ұстаздарға айтарлықтай көмек.

Қорыта келе айтарым білімді жас – ел келешегі. Бұған сәйкес мемлекет те жастардың тәрбиелі, білімді болуына күш салуы керек. Бірақ ата-баба салтынан, олардың салып кеткен сара жолынан таймау қажет. Едбасы Жолдауда атап өткеніндей, «өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ, заманға лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық қоғамның идеалына айналуы тиіс». Жолдауды қолдай отырып, осындай азаматтар тәрбиелеуге күш салатынымызды жеткізгім келеді.

Роза БАЙДИЛДАНОВА,
№9 орта мектептің мұғалімі
Талдықорған қаласы

■ ТІРЛІК КӨЗІ – ТӨРТ ТҮЛІК

Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылғанына ширек ғасырдан асты. Шүкір, мемлекетіміз дамып келеді. Экономикамыз жақсарып, ел еңсесі көтеріле түсті. Өткен ғасырда қолымызда бар болып, кейін құрдымға кеткен дүниелер қайта қалпына келуде. Соның бірі ауыл-ауылдардағы ветеринариялық пункттердің жұмысы болатын. Бұл да мемлекет болашағын ойлаған игілікті іс. Өйткені, ата-бабаларынан төрт түлік малмен жанын бағып, күндерін көріп келе жатқан халқымыздың қолда бар малын бақылауда ұстау, әр түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу – аса маңызды.



ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР БАРШЫЛЫҚ

Міне, сол үшін де бірсыпыра жылдардан бері жер-жерлерде ветеринариялық пункттер жұмысы жүзеге асырылды. Райымбек ауданы орталығында «Ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» комуналдық – мемлекеттік кәсіпорны жұмысын жүргізіп келеді. Осынау салаға білімді де білікті жас маман, іскер азамат Руслан Масенов басшылық жасауда. Кәсіпорынның орталық аппаратында 18 маман, жер-жерлерде 22 ветпункт меңгерушісі, 20 ветдәрігер, 47 ветфельдшер, 104 ветсанитар, 7 бағдарламашы, 2 жұмыскер барлығы 220 маман еңбек етеді. Ауданда 24 «Нива» «Sang Yong» жеңіл көліктері, 1 мал таситын «Фотон», 1 мал таситын «Газель», 1 залалсыздандыратын «Уаз» көліктері қызмет етуде.

– Алғаш құрылған кездегі қиындықтарымыз артта қалды. Қазір барлық ауылдарда ветпункттердің жұмыс орындары, кеңселері бар. Өңірлерде жұмыссыз қалған жоғары білімді мамандарымыз еңбекпен қамтылды. Жер-жерлерде ветпункттер жұмысының жолға қойылғанын қарапайым халық қолдап, қуануда. Көптеген жұмыссыз азаматтар кәсіпке ие болды. Шаңырақтар қуанышқа кенелді. Қазір ауылдардағы ветеринариялық дәрігерлердің, мамандардың кез келген жұмыстарына, қолға алып жататын іс-шараларына жергілікті халық түсіністікпен қарап, мүмкіндіктерінің келгендерінше қолдау көрсетіп, жұмысты жеңілдетіп отырады. Соның арқасында, жоспарлы түрде жыл бойы жүргізіліп жататын алдын алу, егу жұмыстары, диагностикалық зерттеу шаралары дер кезінде жүзеге асырылуда. Бұл тұрғыда облыс көлемінде алда тұрған жайымыз бар, – дейді аудандық «Ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» коммуналдық-мемлекеттік кәсіпорнының басшысы Руслан Масенов.

Айтса-айтқандай, өткен жылы ірі қараға 9 түрлі, қойға 10 түрлі, жылқыға 4 түрлі аса жұқпалы ауруларға қарсы егу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді. Жыл ауқымында 129442 жоспарланған 129442 бас ірі қарадан, 448699 бас қой-ешкіден қан алынды. Жоспар 100 пайызға, қой-ешкіден 100 пайызға орындалды. Тексеру нәтижесінде 158 бас ірі қарадан бруцеллез ауруына оң реакция бергені анықталды. Осы малдардың 155 басы Сарыөзек ауылындағы арнайы мал сою орнына өткізілді. Қой-ешкі малдары бойынша 89 бас оң реакция көрсетіп, 80 бас Сарыөзек ауылындағы арнайы ет өңдеу орнына өткізілді.

Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес аудан бойынша 2018 жылдың 1 қаңтарына статистикалық мәлімет бойынша 109942 бас мүйізді ірі қара, 437694 бас ұсақ мүйізді, 65168 бас жылқы малдары есепке алынса, дерекқор базасында ірі қара 107253 басқа, қой-ешкі 440834 басқа, жылқы 67991 басқа сәйкестендірілді.

Ауданда ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесі басшылыққа алынған. Аудан әкімі орынбасарының бірдейлендіру іс-шараларын жүргізу туралы жоспары бекітілген. Осы жоспар негізінде ірі қара мен қой-ешкі малдарының төлдерін бірдейлендіру жұмыстары жалғасын тапты. Өткен жылы 36325 бас ірі қараның төлі, 35958 бас қайта сырғаланған ірі қара малы барлығы 72293 бас ірі қара тіркелген. 165928 бас қой-ешкінің төлі, 55340 бас қайта сырғаланған қой-ешкі барлығы 221268 бас тіркелген. 17149 бас жылқының төлі, 3897 бас сатып алынған мал барлығы 21046 бас жылқы тіркелді.

Ауылшаруашылығын оның ішінде мал шаруашылығын дамыту жөнінде игі жұмыстарын жүргізіп келе жатқан ветеринариялық қызметкерлерге барлық жағдай жасаған абзал. Бұл мәселе де назардан тыс қалып отырған жоқ. Облысымыздың әкімі Амандық Баталовтың тікелей қолдауымен аудандағы Сүмбе, Кеген, Саты ауылдарында ветпункт ғимараттары салынып, пайдалануға берілді. Биылғы жылы Ұзынбұлақ, Алғабас ауылдарында ветпункт ғимараттарының құрылыстары қолға алынады. Ветсанитарлық обьектілері бойынша ауданда ветпункт меңгерушілерінің ұйымдастыруымен 48 мал емдеу қашалары жасалды. Өңірдегі 23 ауылдық округте 23 мал өлекселерін тастайтын арнайы орын бар. Кеген, Нарынқол ауылдарында бюджет қаражаты есебінен 2011 жылы арнайы типте лайықталып жасалған. 2013 жылы Жамбыл, Сүмбе, Қайнар, Қақпақ, Жалаңаш, Саты ауылдық округтерінде жергілікті бюджет есебінен қаражат қарастырылып, арнайы типте мал қорымдары салынды. 2014 жылы бұл жұмыс одан әрі жалғасын тапты. Атап айтқанда, 5 ауылдық округте арнайы типте мал қорымы салынып, құжаттары жасалды. Қазір аудан аумағында 25 мал тоғытатын орын, 21 мал ұрықтандыратын орын жұмыс істейді.

Ауданда қаңғыбас иттер де бақылауда. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және көзін жою жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті бюджеттен 3 миллион теңге қаражат қарастырылған. Жыл басынан бастап әр ауылдағы қаңғыбас иттердің саны анықталды. Қаңтар, ақпан айларында 1023 ит ауланып, көзі жойылды. Қараша, желтоқсан айларында 977 бас итті аулау жоспарланып, орындалды. Ауданның халқы жарамды малдарын сатып, жағдайларын жақсартып отырады. Оған да мүмкіндік қарастырылған. Өткен жылы 12445 бас ірі қара, 9115 бас қой-ешкі, 2456 бас жылқы малы сыртқа шығарылып, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша 3336 дана ветеринариялық анықтама берілді.

Бір сөзбен айтқанда, Райымбек ауданындағы Руслан Масенов бастаған ветеринариялық пункттердің мамандары ел мен жер үшін қыруар жұмыс жасап келеді. Олардың жұмыстары маусымдық емес. Жылдың барлық мерзімінде үзіліссіз жалғасып жатады. Ең бастысы, төрт түлік малдың әртүрлі жұқпалы аурулардан ада болғаны керек. Сол үшін алдын алу жұмыстары тынбай жүргізіледі. Таулы өлкеде төрт түлік мал аурулардан таза болып, өз төлі есебінен алаңсыз өсіп-өркендеп жатса, онда әр күні еңбекке толы ветпункт қызметкерлерінің мол үлесі бар. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» деген орынды сөз бар. Русландай жігерлі әрі бастамашыл, тек игілікті істердің ғана басы-қасынан табылатын бірегей азамат басқаратын кәсіпорын туралы орнымен сөз етер жайлар жетіп артылады. Өткен жылы кәсіпорыннан 50 адам Астана қаласында өткен халықаралық мамандандырылған ЭКСПО көрмесін тамашалап қайтты. Сөйтіп, олар ауданда ең алғашқы болып Астанаға жол салады. Мал мамандары аудандық «Хантәңірі», облыстық «Жетісу» газеттерінің тұрақты оқырмандары болып келеді. Реті келгенде, өз жұмыстарын күн талабына сай жүргізіп жатқан Мәулен Әбікенов, Дабырбек Бейсебаев, Тұрсынәлі Мүсілімов, Кеңес Құтел, Қайрат Жұмабаев, Бекен Кәрбозов, Дәурен Советхан басқаратын Сарыжаз, Қайнар, Алғабас, Жалаңаш, Қақпақ, Сүмбе, Қарқара ауылдық ветпункттерінің атына жылы лебіз білдірген артық емес. Кәсіпорын аппаратында жұмыс істейтін мекеме басшысының орынбасары Берік Қасымханов, Мырзаш Изентаев, Қабыл Төкенов, Кеңес Ердесбаев және Малика Қазиахмет секілді іскер мамандардың да көтеріп жүрген жүгі жеңіл емес. Ауданның ауылшаруашылығын оның ішінде мал шаруашылығының өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып келе жатқан ветеринария қызметкерлерінің қолдары қуатты бола берсін!

Қанат БІРЖАНСАЛ
Райымбек ауданы

■ КӘСІПКЕРЛІК

Бизнес ауқымы ұлғая түседі

Бүгінде отандық бизнес дамудың даңғыл жолын тауып, өз жұмысын жүйелі жалғастыруда. Әсіресе, біздің облыста билік пен бизнес қоян-қолтық араласып жұмыс атқаратындықтан кәсіпкерлердің мүддесін қорғау жақсы жолға қойылған. Айталық, өткен жылдың соңында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қолдауымен облыстық кәсіпкерлер палатасы Талдықорған қаласындағы Көрме кешеніне көшіп, Нариман Әбілшайықовтың басшылығымен тыңғылықты жұмыс атқаруға кірісті.

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

«Жас келсе – іске» дегендей, жақында жаңа басшы өңірдегі кәсіпкерлік саласы жайында жазып жүрген журналистердің басын қосып, облыстық палатаның жұмыс жағдайымен таныстырды. Алдымен көпшілік директордың бастауымен Көрме кешенінде орналасқан палатаның жұмыс ретін және өңіріміздегі кәсіпорындар өндірген өнімдерден жинақталған көрмені тамашалады. Сондай-ақ, палата тарапынан кәсіпкерлерге ұсынылатын қызметтер, ондағы мамандардың біліктілігі, өткен жылы атқарылған жұмыс қорытындысы туралы ақпарат алды.

Палата директорының айтуынша, өткен жылы кәсіпкерлердің құқығын қорғау бойынша 233 өтініш тіркеліп, олардың 80 пайызы кәсіпкерлердің пайдасына шешіліпті. Сондай-ақ, республикалық және жергілікті 40 әкімшілік кедергі анықталып, оның 13-і алынып тасталған. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша 42 тегін семинар өткізіліп, 1338 жетекші және жұмысшы біліктілігін арттырса, 145 ауылшаруашылық кооперативі құрылып, оның 28-і қаржыландырылған. Облыстың визит картасы әзірленіп, туризм саласы бойынша кәсіпкерлердің реестрі дайындалған. Кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау бойынша құны 5 млрд. теңге болатын 432 бизнес-жоспар әзірленіп, оның ішінде 68 жоба 217,1 млн. теңге көлемінде қаржыландырылыпты. Сонымен қатар, 8 мың кәсіпкерге 6437 сервистік қызмет көрсетіліп, кеңес берілген. «Бастау бизнес» аясында 285 қатысушы 1 млрд. теңгеден астам несие алыпты. Отандық тауар өндірушілерді қолдау аясында 1,4 млрд. теңге сомасына келісімшарт жасауға қолдау көрсетілген. Адами капиталды дамыту бағыты бойынша атқарылған жұмыстар да көңіл қуантады. Былтырғы жылы кәсіпкерлікті дамыту мақсатымен 23 инвестициялық жоба ұсынылып, нәтижесінде 450 млн. теңге болатын 2 жоба қаржыландырылған.

Өткен жылғы жұмыс барысында аудан орталықтарында ғана емес, ауылдық жерлерде де белсенді жұмыс жасалды. Расымен, ауылдық жерлерде тұратын кәсіпкерлер қолдауға мұқтаж. Олар заңдағы соңғы өзгертулер, жеңілдіктер және бизнесті қолдау тетіктері туралы біле бермейді. Осыған орай, өткен жылы аудандық және қалалық филиалдардың жанынан алғашқылардың бірі болып кәсіпкерлер кеңесі құрылды, оның құрамына ауылдар мен өңірлердегі танымал бизнесмендер топтастырылған. Палата директоры бұл кеңестің рөлін арттыру бағытындағы жұмыстарды биылғы жылы да жалғастырмақ.

Облыстық палатаның жұмыс ауқымымен толық танысып шыққан журналистер бұдан кейін «дөңгелек үстел» басында өңірлік кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіріп отырған келеңсіздіктер төңірегінде әңгіме өрбітті. Журналистер тарапынан туындаған сұрақтарға Нариман Бақтыбайұлы толыққанды жауап беріп отырды. Осы барыста ортаға түскен сұрақтардың тізімі жасалып, оларды шешудің жолдары да сөз болды.

■ БӘРЕКЕЛДІ!

Жазиралы Жаркенттен алғаш болып тұрмысы төмен, көп балалы, аз қамтылған отбасылар үшін тегін киім дүкенін ашқан жігіттердің жасап жатқан жақсылықтары ешкімді бей-жай қалдырмасы хақ.

Тегін дүкен ашты

Көп түкірсе көл болмай ма?! Әлеуметтік желіде @jarkent_help деген аккаунт арқылы көмек қолын ұсынамын дегендерге мүмкіндік жасай отырып, мұқтаж отбасылардың кейбіріне 1-2 тоннадан көмір түсіріп, енді біріне қаржылай, енді біреулерді киім-кешекпен қамтамасыз ету арқылы игі істерді атқарып жатқан олар әрбір істеріне, әрбір жұмсалған қаржыға есеп беріп отырады.

Жақсылықты шын жүрекпен жасай алатын, осындай игі істің ұйымдастырушылардың бірі Дильшат Адхамовпен сөйлесудің сәті түсті. Ең бірінші, әрине, Жаркент қаласындағы «Ковчег» тегін киім-кешек дүкенінің ашылу тарихы мен үшін қызық болды. Жас кәсіпкер өзінің достарымен бірлесе отырып осындай байламға келгенін айтты. «Біз достарымызбен жиі кездесіп тұрамыз. Әрбір кездескен сайын ақшамыз да ішіп-жеммен кетіп жатыр. «Одан да ай сайын сол ақшаны жинап, мұқтаж жандарға көмектесіп отырсақ қайтеді?» – деген ойға келдік бір күні. Оның үстіне ұлтына, дініне, тіліне қарамастан елге жақсылық жасап, қол ұшын беру әрбіріміздің арманымыз болатын. Бастапқыда мың теңгеден жинап, өз жақындарымыздың арасындағы жағдайы төмендеу туыстарымызға апарып бердік. Кейіннен он мыңнан. Осылай, осылай жалғаса берді. Бір күні «Whats Up» желісі арқылы Өжет елді мекенінен мұқтаж жандарға арналған тегін киім-кешек дүкені ашылғаны жайлы бір бейнежазба келіп түсті. Осы жазбаның өзі біздерге ой салып, арамыздағы Рустам есімді досымыз өзіне тиесілі «АРС» дүкенінің жертөлесіне шағын жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қолдануымызды ұсынды. Осылайша, көпшіліктің көмегінің арқасында «Ковчег» дүкені ашылды» – дейді Дильшат.

Бұл істе, әрине, Дильшат жалғыз емес. Өзінің достары және көптеген қайырымды жандар бар. Дәл осы тұста, қайырымдылық жасауда зор үлесін қосып келе жатқан жаны жайсаң, абзал жан Жақангер Мұратованы айтпай кеткеніміз жарамас. Жақсылық жасауға тырысып жүрген жігіттердің әрекетіне жайбарақат қарап отыра алмаған Жақангер Ахатқызы хабарласып, үлкен қаптармен азық-түлік алып берген. Ж. Ахатқызы бұдан бөлек көпшілікке жар салмай көптеген жақсылықтар жасап жүрген азаматша.

Иә, жаркенттік қайырымды жандар қолдарынан келгенше аянбай, мүмкіндігінше молынан көмектесе беретіндіктерін айтты. Сөз соңында жас та болса бас болуға жарап жүрген сондай ширақ та үлгілі азаматтар жастардың еңбекқор болғанын қалайтынын, сондай-ақ, ел-жұртымыз аман, заманымыз тыныш болуын тілейтінін жеткізді. Ләйім, солай болғай.

Тоғжан НҰРҒАЛИҚЫЗЫ
Жаркент қаласы

ҒАЛАМШАР

ҰЗЫН МЕН ҚЫСҚА КЕЗДЕСТІ



МЫСЫРДЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ МИНИСТРЛІГІ КӨПШІЛІКТІҢ ОЙЫНА КЕЛМЕЙТІН ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРДЫ. КАИРГЕ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҰЗЫН ЖӘНЕ ЕҢ ҚЫСҚА АДАМДАР КЕЛІП, ХЕОПС ПИРАМИДАСЫНЫҢ АЛДЫНДА ФОТОҒА ТҮСТІ.

Ең ұзын бойлы адам – түркиялық Сұлтан Көсен мен әлемдегі ең қысқа әйел – үндістандық Джиоти Амге кездесіп, Египеттегі тарихи орындарды аралады. Бұл туралы «Ntv haber» агенттігі хабарлады. Әлемдегі ең ұзын бойлы адам атымен танылып, Гиннестің рекордтар кітабына кірген Сұлтан Көсен Египет еліне алғаш сапарлатып келіп отыр. Бойы 2 метр, 51 сантиметр болатын Көсеннің қасында Джиоти Амге мүлде кішкентай болып көрінеді. Оның бойы небәрі 62,8 сантиметр. Гиннестің рекордтар кітабына енген әлемдегі ерекше адамдар Каирде төрт күн болады. Мұндай тарихи кездесу Египеттің туризмін өркендету, шетелден қонақтарды көптеп тарту мақсатында өткізілді.

АРКТИКАНЫҢ БАЙЛЫҒЫ ҚАНША?



АРКТИКАНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮМКІНДІГІ АЛДАҒЫ 15 ЖЫЛДА 1 ТРИЛЛИОН АҚШ ДОЛЛАРЫНА БАҒАЛАНЫП ОТЫР. БҰЛ ТУРАЛЫ АРКТИКА ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСІ ХАТШЫЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ АНУ ФРЕДРИКСОН МӘЛІМ ЕТТІ.

«АҚШ-тың «Guggenheim Partners» компаниясы Арктиканың инвестициялық әлеуетін анықтады. Осыған орай оған қажетті инвестиция салынуы керек. Финляндияда өткен Арктика бизнес-форумында Норвегия, Швеция және Ресей сияқты солтүстіктегі елдердің инвестициялық әлеуеті кем дегенде 197 миллиард долларға бағаланатыны айтылды. Бұл дегенің өте үлкен қаржы», – деді ол. Ану Федриксон көмірсутек нарығындағы соңғы жылдарда кездескен қиындықтарға тоқталды. Арктикалық экономикалық кеңес халықаралық ынтымақтастықты арттыратын бизнес-форум болып табылады. 2013 жылы құрылған кеңес құрамына сегіз арктикалық елдің, сондай-ақ, алты ұйымның 42 мүше-өкілі кіреді.

АЛЬПИНИСТ ҚЫЗ ҚҰТҚАРЫЛДЫ



ГИМАЛАЙДЫҢ НАНГАПАРБАТ ШЫҢЫНДАҒЫ АСА ҚАУІПТІ БЕТКЕЙЛЕРДІҢ БІРІНДЕ ЖОҒАЛЫП КЕТКЕН ФРАНЦУЗ ЭЛИЗАБЕТ РЕВОЛЬ ҰЗАҚҚА СОЗЫЛҒАН ІЗДЕУДЕН СОҢ ТАБЫЛДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН АУА РАЙЫНЫҢ ҚОЛАЙСЫЗДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АЛЬПИНИСТІ ІЗДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТОҚТАТЫЛҒАН ЕДІ.

«Euronews» телеарнасы таратқан мәліметтерге сүйенсек, бір апта бұрын Франция альпинисі Элизабет Револь Гималайдың солтүстік батысындағы шыңдардың бірінде, 7400 метр биіктікте қарға малтығып қалған. Альпинистер түнді сонда өткізіп, ертесіне төмен түсуге әрекеттенген. Бірақ сәті түспеген. Пәкістанның тікұшақтары үш күннен кейін 6700 биіктікте жоғалған альпинистерді байқайды. Оларды құтқаруға сол маңдағы польшалық альпинистер аттанды. Айта кетейік, дәл осы беткейде өткен жылдары екі альпинист ажал құшқан болатын. Ажалымен бетпе-бет келген француз қыздың тауға шығуға деген махаббаты әлі өшкен жоқ. Бүгінде Гималайдың қойнауында әр елден келген альпинистер көп.

ЖАПОНИЯНЫ ТҰМАУ ЖАЙЛАДЫ



ЖАПОНИЯДА ТҰМАУ ЭПИДЕМИЯСЫ ӨРШІП ТҰР. БҮГІНГЕ ДЕЙІН ВИРУСТЫ 3 МИЛЛИОН АДАМ ЖҰҚТЫРЫП ҮЛГЕРДІ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ, ЕЛДЕ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ТАПШЫЛЫҒЫ БАЙҚАЛУДА.

Бұл жайлы «Белта» ақпараттық агенттігі мәлімдеді. Жапонияның Денсаулық, еңбек және әл-ауқат министрлігінің мәліметінше, қазіргі уақытта тұмауға шалдыққан 52 науқасқа бір дәрігерден келеді. Ал Косю аралында бір дәрігер 80 сырқатты қабылдап жатыр. Елде соңғы аптада індетті жұқтырғандардың саны 1 миллион адамға артқан. Жапониялықтарға адам көп шоғырланған жерлерге бармауға, бетперде тағып жүруге және қолды жиі жууға кеңес берілді. Ескерте кетейік, мұндай вирус көбіне күн күрт жылынған кезде өрши түседі. Қазақстанда қатты аяздың салдарынан тұмау ауруына шалдығатындар азайған. Егер дұрыс емделмесе, тұмаудан да ажал құшатындар бар.

ЭЙФЕЛЬ ШАМДАРЫ СӨНЕДІ



ПАРИЖДЕГІ ЭЙФЕЛЬ МҰНАРАСЫНЫҢ ШАМДАРЫ БІР САҒАТҚА ӨШІРІЛЕДІ. БҰЛ ШАРА СЕНБІ КҮНІ 100 АДАМНЫҢ ӨМІРІН ЖАЛМАҒАН КАБУЛДЕ БОЛҒАН ТЕРАКТ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАЛЫ ОТЫР.

Бұл туралы Франция астанасының мэрі Анн Идальго айтты. «Кабулдың орталығында болған айуандықпен жасалған теракт құрбандарының құрметіне Эйфель мұнарасы сөнеді», – деп жазды ол ғаламтордағы парақшасына. Идальгоның айтуынша, Париж осы әрекеті арқылы өздерінің Ауғанстан халқымен бірге екендіктерін көрсетпек. «Париж бен оның тұрғындары қазір терроршылардың жабайылықпен жасаған кезекті әрекеттерінің құрбаны болып отырған Ауған халқымен бірге», – деді мэр. Ауғанстандағы ауыр жағдайға бүкіл әлемнің қабырғасы қайысты. Бүгінде Қазақстанда Ауғанстанның мыңдаған студенті жоғары білім алуда.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№21 (18441)
Сейсенбі, 20 ақпан, 2018 жыл.

«Даму» қорымен бірге

Жеке кәсіпкер Мансұр Құрманғалиев «Даму» қорымен ынтымақтастығы туралы көп нәрсе айта алады. Ол алдымен жеке кәсіппен айналысуды ойлап, «Жаңа бизнес ашу және қолдау» атты оқыту курсына жазылды.

Сөйтіп өзіне қажет білім алып, әлеуметтік желіде «Worldwood» бренд атауымен өзінің ағаштан жасалған бұйымдарын дамытты. Болашақ кәсіпкер ағылшын тілі курсын ашуды ойлады. Осылайша ол бірнеше кеңсе ашу үшін үлкен іс атқарды. Жеңілдік шарттарымен кеңселерді жалға алу үшін мүмкіндігі шектеулі балаларды тегін оқытып, әкімшілік өткізіп жүрген қаланың әлеуметтік жобаларына да белсенді қатысты. «*Өзіміздің жеке кеңсемізді ашу әйелім екеуміздің арманымыз еді. Сұраныс та жоғары болды. Ал жалға алынған кеңселер кестеге сай келмеді. Сол кезде көмекке «Даму» қоры келді*», – дейді Мансұр.

Жеке кәсіпкер Талдықорған қаласының ішінен балаларға тілдер мектебін ашар кезде «Ресей жинақбанк» АҚ ЕБ - нен қаржыландырылды. Ол 7 пайыз мөлшерінде «Даму» қорынан субсидия және мүліктік кепілдік алды. Оның жобасы кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының кеңесшілерімен банктің мақұлдауына дейін жүргізілді. Өзінің белсенді өмірлік ұстанымының арқасында Мансұр Құрманғалиев облыс әкімінен «Мықты жас кәсіпкер» атағын алды. «*Болашаққа жоспар көп және оның бәрі «Даму» қорымен бірге іске асады деген ойдамын*» – дейді жеке кәсіпкер. Бүгінгі таңда қаланың ішінде «English kids» тілдер орталығының төрт кеңсесі жұмыс атқарады.

Әжелерден өнеге

Талдықорған қаласындағы №6 балабақшасы балдырғандар бойына ізгілік пен мейірім, тәртіп пен тәрбие нәрін сіңіріп, ақүрпек балапандарды мектепке қанаттандырып отырған бөбекжай. Осы орайда аталған балабақшада Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Салт-дәстүр – асыл қазына» атты іс-шара ұйымдастырылды.

Ең қызығы, шарада Еңбек ауылындағы Мәдениет үйі жанынан құрылған «Асыл әжелер» ансамблімен кездесу өткізіліп, онда ұлттық жаңғырудың – ұлттық сананың кемелденуі екені атап өтілді. Балабақша меңгерушісі Гүлзат Манжекованың айтуынша, шараның мақсаты да бүлдіршіндерге салт-дәстүр, тіл, дін, әдебиет, мәдениетіміз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыздың өз бойымыздағы асыл қазына, ұлы құндылық екенін тәптіштей түсіндіру.

Кездесу барысында жас өскіндердің әрбір жүрек тебірентер іс-әрекетіне сүйінген әжелер оларға ұлттық өнерді де насихаттап үлгерді. Мәселен, мұнда он саусағынан өнер тамған ақжаулықты аналарымыз балаларды көрпе тігу, ою-өрнек ойыстыру, жүн түтіп, жіп иірудің қыр-сырына дейін қанықтырса, сонымен бірге, салт-дәстүрімізді насихаттау мақсатында балабақшада бүлдіршіннің тұсауы да кесілді. Жас ұрпақтың жарқын жүзінен ұлттың келешегін көргендей қуанған әжелер бөбектерді сүйіндіктен үстіне сүйіндті. Бәрі қосылып баянның сүйемелдеуімен бірнеше халық әнін орындады.

Осы ретте, әдіскер Айгүл Асылтасова балабақшада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген іс-шаралар өткізіліп тұратынын, сонымен қатар бұл бөбекжайда жылдық жоспар бойынша жоспарланған ашық оқу қызметінің апталығы да болып тұратынын тілге тиек етті.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Болат Долдаұлы ТӘКЕНОВ** облыстық құрылыс басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Болат Долдаұлы ТӘКЕНОВ



1958 жылы туған. Алматы сәулет-құрылыс институтын құрылыс инженері, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын «Талдықорғанөндіріскұрылыс» тресі «Зауытқұрылыс» құрылыс-монтаж басқармасының учаске шебері болып бастаған.

Әр жылдары «Талдықорғанөндіріскұрылыс» тресі «Зауытқұрылыс» құрылыс-монтаж басқармасының № 1 учаскесінің прорабы, №47 құрылыс-монтаж басқармасының бас инженері, «Қалақұрылыс» құрылыс-монтаж басқармасының бастығы, Талдықорған қалалық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Талдықорған қалалық әкімшілігі басшысының орынбасары, «Алатау-Холдинг» жеке инвестициялық компаниясының президенті, Талдықорған облыстық әкімшілігі жанындағы Экономикалық кордың директоры, «Қорғас» МКК бас директоры, «Қорғас» ШЫХО» АҚ президенті, Алматы облысы әкімінің орынбасары лауазымдарын атқарып, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының, Мәжілісінің депутаты болып сайланған.

2012 жылдың наурызынан – Алматы облысын дамыту бойынша «Алатау» АҚ басқарма төрағасы.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен Темірлан Амангелдіұлы Бектасов басқа жұмысқа ауысуына байланысты облыстық құрылыс басқармасының басшысы лауазымынан босатылды.

КООПЕРАТИВ – АУЫЛ КЕЛЕШЕГІ

Елбасы Н. Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Ауылшаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жан-жақты қолдау көрсету керек» деп атап көрсетті. Райымбек ауданында өткен жылы 10 кооператив құрылды. Соның бірі Сарыжаз ауылындағы «Лабасы – 1» мал бордақылау кооперативі. Оның жұмысымен арнайы барып таныстық.



Суретте: Сарыжаз ауылдық округінің әкімі Нұрлан Оралқұлов (ортада) пен ауылдық әкімдіктің ауылшаруашылығы жөніндегі бас маманы Сайлаубек Жетпісбаев, «Лабасы – 1» кооперативінің төрағасы Азамат Үсенов шаруа жайын сөз етуде.

САПАЛЫ ЕТ ӨНДІРЕДІ

Ұстаз отбасынан шыққан, жастайынан спортпен шұғылданып өскен, Алматы қаласындағы дене тәрбиесі институтын бітірген Азамат Үсеновтей жігіттің қолына алып, жүргізіп отырған шаруасы бізді қуантты. Аталған кооператив өткен жылғы тамыз айында құрылыпты. Оның 20 мүшесі бар.

Азамат Үсенов басқаратын құрылымның басты мақсаты — жылқы, ірі қара малын бордақылап, семіз де сапалы ет өндіру. Оның сыртында асыл тұқымды ірі қара малын өсіру. Сол үшін де олар өткен жылы Ақмола облысындағы Ерейментау ауданынан 50 бас асыл тұқымды аналық бұзаулар сатып әкеліпті. Негізі қазақтың асыл тұқымды «Ақбас» аналығы мен «Ангус» асыл тұқымды бұқаларынан жаралған. Небары 13 айлық таналардың салмағы 350 келіге дейін жетіпті. Қазірдің өзінде құнажындай көз тартып тұр.

Азамат Үсенов басқаратын кооператив өткен жылы Сарыжаз ауылының бас жағынан келіскен малшы үйімен қатар 120 басқа арналған мал бордақылау алаңын салыпты. Алғаш 135 бас өгіз бордақыланса, қазір 75 бас тұр. Сүйекті, ірі, семіз өгізшелер шетінен қоңды. Оларға бұқтырылған бидай, туралған көк балауса беріледі. Мал бордақылау алаңының бір жағында 1 жасар 45 бас бордақылануда. Кооператив мүшелері қараша, желтоқсан айларында соғымдық жылқы, ірі қара сатыпты. Сөйтіп жағдайларын жақсарта түскен.

— *Жалпы, таулы өңір бағыты мал тұқымын асылдандыру болса, 62 бас аналық ірі қара малы асыл тұқымды «Герефорд» ірі қарасының тұқымымен қолмен ұрықтандырылмақ. Бұған институттың мамандары көмекке келетін көрінеді. Бәрекелді! Алдағы уақытта бұл құрылым асыл тұқымды мал сататын игі орынның біріне айналады деген сөз. Азамат Үсенов кооперативінің игілігі үшін 2 трактор, шөп тайлағыш агрегат сатып алыпты. Сол арқылы ауыл тұрғындары жерлерін жалға алып, мал азығын дайындаған. Күнделікті жұмыстарын иықтарымен көтеріп жүрген Серік Үсенов, Махамбет Үсенов, Ернат Дәркенбаев, Айдос Мәкенұлы секілді кооператив мүшелерін орнымен сөз етуге болады. Қалай десек те өзіміз көзімізбен көріп, танысқан мал бордақылау кооперативінің, оның сыртында мал тұқымын асылдандыру, мал соятын орын ашсам деген жылы ниеттегі құрылымның келешегі кемел деп бағаладық. Тек оларға қажетті жер керек. Ауылшаруашылығын қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламаға қатысуына, тиісті қолдау көруіне жағдай жасаған абзал.*



Қанат БІРЖАНСАЛ
Райымбек ауданы

СЕЛЕКТОР

ЖҰМЫС ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Үкімет отырысында бірқатар министр баяндама жасап, Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалуы бойынша нақты жоспарларын таныстырды. Сонымен қатар, Премьер-Министрдің орынбасары, Ауылшаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов өз бағыттары бойынша жобаларын көрсетті.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтің айтуынша, салық саясатын іске асыру шаралары 2025 жылға дейін ЖІӨ түсетін салық түсімдерін 25 пайызға жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс. Бұдан өзге, мемлекеттік қарыздар деңгейі ерекше бақылауға алынатын болады. Сондай-ақ, жүргізіліп жатқан құрылымдық реформалар аясында «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының «Индустрияландыру және экономикалық өсу» атты үшінші бағытын іске асыруға тұрақты бақылау жүргізіледі. Сондай-ақ, министрлік жекешелендірудің кешенді жоспарын іске асыруды жалғастырады. Ал қаржы министрі Б. Сұлтанов биыл сәуір айында «Астана-1» ақпараттық жүйесі іске қосылатынын алға тартты. Кедендік рәсімдерден өту және электрондық өзара әрекеттесуді жалғастыру кезінде «Бірыңғай терезе» қағидатын енгізу үшін «ASYCER» платформасында автоматтандыру жұмысы жүргізілуде. Бұл ЮНКТАД жүйесінің платформасында да жүзеге асырылуда. Дүниежүзілік банк жобасының аясында «Электронды шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі базасында «Виртуалды қойма» модулі қолданылуда.

Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек 2018 жылы индустрияландыру бағдарламасы аясында экспортқа бағытталған секторларды ынталандыру мен еңбек өнімділігін арттыруға баса назар аудара отырып, өңдеу өнеркәсібін қолдауға ерекше көңіл бөлінетінін жеткізді. Сонымен қатар, биыл «Нұрлы жер» бағдарламасын одан әрі іске асыру тетіктері қайта қаралатыны мәлім болды.

– Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында жүктелген тапсырмаларды іске асыру аясында сәулет, қалақұрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік стандарттарды жетілдіру жұмыстарын бастадық, – деп атап өтті Жеңіс Қасымбек.

Министрдің мәліметінше, коммерциялық банктер биыл құрылыс салушыларға 125 млрд.теңгеге субсидияланған және 105 млрд.теңге ипотекалық несие бермекші. Нәтижесінде биыл 11,2 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Алдағы уақытта банк секторын жаңғырту аясында несие берудің жыл сайынғы көлемі 350 млрд. теңгеге дейін жетпек. Бұл «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшыларының үлесін 12 пайызға дейін өсіруге мүмкіндік береді.

Отырыс соңында Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев мемлекеттік органдарға апта соңына дейін жұмыс жоспарының жобасын бүгінгі талқылауды ескере отырып енгізуді тапсырды.

ӘЛЕУМЕТ

ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛЫНҒАН

Талдықорған қаласындағы Аналар үйінде 9 ана, 11 бала тұрып жатыр. Олардың жағдайымен танысуға облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР арнайы барды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ,
"Жетісу"

Алғаш рет 2013 жылы «Ана үйі» атты әлеуметтік жоба қолға алынып, еліміздің түкпір-түкпірінде «Аналар үйі» қоғамдық қоры ашылған болатын. Ондағы мақсат – жетімдер санын азайту, жақындарынан қолдау таппай, тығырыққа тірелген жалғызбасты жас аналарға көмек қолын созу. Аналар үйі кәсіпкерлердің қаржыландыруымен жұмыстарын жүргізіп келеді. Ал Талдықорғандағы Аналар үйі 2014 жылы ашылып, бүгінгі күнге дейін 86 ана мен балаға көмек көрсетті. Оларға «Технодом» сауда үйі қолдау танытуда. Аналар үйін паналағандардың арасында жұмыс істеп, оқып жүргендер де бар. Басым көпшілігінің күйеулері әкелік жауапкершіліктен бас тартып, алимент төлемей жүргендер. Сондай-ақ, ауыраяқ болып, ата-анасынан сөгіс естіген барар жер, басар тауы жоқтар осы үйді мекен етеді.

– *Қиыншылық деген уақытша, бәріміздің басымызда қиындық бар. Өмір болған соң ондай жағдайлар кездеседі. Ең бастысы, балаларыңыз аман болсын. Барлығы ақырындап оңалып кетеді*, – деген Жақсылық Мұқашұлы аналардың өтініш-тілектеріне құлақ түрді. Сонымен қатар, әртүрлі мерекелік концерттер мен театрларға барып келулеріне жағдай жасау керектігін айтты. Аналар үйінің үйлестірушісі Бақтыгүл Жексембаева:

– *Бұл жерде 6 айдан 1 жылға дейін тұрақтайды. Жатар орны мен тамақтары тегін. Психологтар жұмыс істейді. Барынша көмек көрсетуге тырысамыз, туғантуыстарымен татуластыру, жұмысқа тұрғызу, балаларын балабақшаға орналастыру сынды жағдайларды қарастырамыз*, – дейді. Бақтыгүл Бейсенбіқызы бұл жерден панаға тапқандардың жағдайлары оңалып кеткен соң да хабар алысып тұратындарын жеткізді. Сондай-ақ, олардың одан кейінгі тұрмыстық қалахуалдары жіті бақылауда болатынын тілге тиек етті.

Көмекке зәру жандарға Аналар үйінің есігі әрқашан ашық. Қазіргі кезде өңірдің басқа да аудан, қалаларында жарнамалық тақтайша орналастыру шаралары қолға алынған. Бұдан бөлек «Жас Отан» жастар қанатының облыстық филиалындағы қыздарға арналған «Сырласу» клубымен бірлесіп, мектеп пен колледждерде тәрбие сағаттарын өткізуді де дағдыға айналдырған.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

САТЫП АЛУ мәселелері талқыланды

Отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету шеңберінде сатып алу саласындағы жұмыс комиссиясының бірінші отырысы өтті. Жиын облыс әкімінің орынбасары Жеңіс Тұяқов пен Өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Нариман Әбілшайықовтың төрағалығымен өтті.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Отырыс барысында Талдықорған қаласы мен Қаратал ауданы әкімдіктерінің және құрылыс басқармасының сатып алу саласында кәсіпкерлерді қолдау бойынша атқарған жұмыс қорытындылары тыңдалды. Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Асқар Қожабаев баяндамасында өткен жылы облыс орталығында жалпы сомасы 7 млрд. 123 млн. теңге болатын 2 861 келісімшарт орындалғанын атап өтті. «*Сатып алу порталында жергілікті құрам жөніндегі үлгі қате толтырылады немесе мүлде толтырылмайды. Осының салдары жергілікті құрам жөніндегі есептің бұрмалануына әкеп соқтырады*», – деді ол. Асқар Рамазанұлының айтуынша, биыл Талдықорғанда 16,5 млрд. теңгеге 2 491 сатып алу жоспарланған, оның ішінде жалпы сомасы 11 млрд. теңгеден асатын 137 сатып алу конкурс түрінде өтпек.

Облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Айбек Нұржанов сатып алудағы қазақстандық құрамның үлесі жоғары екенін жеткізді. «*2017 жылы денсаулық сақтау ісі саласында жергілікті бюджет есебінен 17 нысан іске қосылып, қазақстандық құрам үлесі 80 пайызды құрады. Спорт саласында 3 нысан тапсырылған, қазақстандық құрам 75 пайыз, ішкі істер органдарында 90 пайыз, ауылшаруашылығы саласында 90 пайыз, коммуналдық шаруашылық саласында 85 пайызды құрады*», – деді Айбек Диасұлы.

Сонымен бірге ол мемлекеттік мекеменің белгілі бір жеткізушінің мүдделерін қолпаштауына жол бермеу қажеттігін айтты. Әріптесінің сөзіне Жеңіс Шылбынұлы: «*Біз нақты жеткізуші туралы айтып жатқан жоқпыз. Біз жалпы отандық өндірушілер, жүйе жөнінде сөз қозғап отырмыз. Қазір жыл басы, бәрін түзету керек*», – деген жауап қайтарды. Қаратал ауданы әкімінің орынбасары Асқат Қалиасқаров сатып алудағы жергілікті құрамның төмен болуына мемлекеттік сатып алу порталына жергілікті құрам туралы ақпаратты енгізу бойынша жұмыстың өз деңгейінде жүргізілмей отырғаны себеп екенін алға тартты.

Сондай-ақ ол отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында өткен жылы ауданда инвестфорум өткізіліп, нәтижесінде меморандумға қол қойылғанын жеткізді. Отырыс барысында кәсіпкерлер әкімдікке заңбұзушылық деректеріне назар аударуға шақырды. Баяндамалардың қорытындылары бойынша облыс әкімінің орынбасары аталмыш бұзушылықтарды жойып, көрсеткіштерді жақсарту бойынша шара қолдануды талап етті. Отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету шеңберінде сатып алу саласындағы жұмыс комиссиясы аясында Нариман Бақтыбайұлы «Атамекен» ҚР ҰКП тарапынан сатып алу жүргізуді түбегейлі қайта қарау бойынша атқарылған жұмыс нәтижесімен таныстырды.

Сондай-ақ, ол отырыста айтылған барлық дерек «Атамекен» мен әкімдіктің жіті назарында болатынын атап өтті. Осы саладағы проблемалық сұрақтарды тиімді шешу мақсатында облыстық кәсіпкерлер палатасы және облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті арасында өзара түсініктік пен әріптестік жөнінде келісімге қол қойылды.

Айта кетейік, отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету шеңберінде сатып алу саласындағы жұмыс комиссиясының отырыстарын Талдықорған қаласында апта сайын өткізіп, онда әкімдіктер мен салалық басқармалардың сатып алу саласы бойынша жұмыстарды тыңдау жоспарланған.

■ ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

ТЫҢ СЕРПІЛІС ТУҒЫЗДЫ



Елбасы Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауын ерекше ықыласпен оқып шықтым. Расында да мемлекетімізде ел мүддесі үшін жасалып жатқан игі қадамдар аз емес. 26 жыл ішінде әлем алдында абыройы асқақтап тұрған еліміздің баянды бастамаларының ешкімді де бейжай қалдырмасы анық. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, Индустрияландыру бағдарламалары жүзеге асырылу үстінде. Бұдан кейінгі «Рухани жаңғыру», «Цифрлық Қазақстан» бағдарламалары да жүректерге жылылық ұялатуда. Осының бәрі болашағымыз бен дамыған отыз елдің қатарына қосылу мақсатында іске асырылып жатқан игілікті істер екені анық.

Жаңа Жолдаудың еліміз үшін орны бөлек. Себебі, онда орындалуы тиіс он міндет нақтыланған. Таразы талқысына салып қарасақ, басымдық бағыттағы индустрияландырудың жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы, ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту, «Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу, қаржы секторын «қайта жаңғырту», тиімді мемлекеттік басқару, жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі, «Ақылды қалалар» «ақылды ұлт үшін» міндеттері қай салада болсын бірден орындалатын оңай шаруа емес. Бұл үшін игілікті ізденістер мен жоғары жауапкершілік және табандылық қажет. Танымы мол тарихи құжатта агросалаға қатысты тапсырмалар мен нұсқаулар берілген.

Мәселен, үшінші басымдықта «Ақылды технологиялардың» агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі екені айрықша атап көрсетілген. Елбасының: «Аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы керек. Біз егін егіп, дәнді дақылдарды өсіруді үйрендік. Оны мақтан тұтамыз. Алайда қазір ол жеткіліксіз. Шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығуымыз қажет. Бұл мәселені шешуге барлық аграрлық кешеннің түбегейлі бет бұруы маңызды. Аграрлық ғылымды дамыту мәселесі басты назарда болуы тиіс. Ол ең алдымен, жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысуы қажет»,– деп атап көрсетуі де тегін емес.

Сол сияқты Елбасы аграрлық университеттерді қайта құру керектігін, олардың диплом беріп қана қоймай, ауылшаруашылығының келешегі үшін нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандар даярлауы тиіс екеніне баса назар аударды. «Бұл жоғары оқу орындарынан оқу бағдарламаларын жаңартып, агроөнеркәсіп кешеніндегі озық білім мен үздік тәжірибені тарататын орталықтарға айналдыру талап етіледі. Мысалы, егін егу мен астық жинаудың оңтайлы уақытын болжамдаудың, «ақылды суарудың», минералды тыңайтқыш себудің, зиянкестер және арамшөппен күресудің интеллектуалды жүйелері арқылы өнімділікті бірнеше есе арттыруға болады. Жүргізушісі жоқ техника адами факторды азайтып, егіншіліктің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді» деп анықтама беруінен де көптеген түйткілдің шешімін табуға болатынын анық аңғарасыз.

Елбасы ауылшаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жан-жақты қолдау көрсету керектігін тағы да ескертті. Ең бастысы, «мемлекет бизнеспен бірлесіп, отандық өнімді халықаралық нарыққа шығарудың стратегиялық жолын тауып, ілгерілетуге тиіс. Ауылшаруашылығын қарқынды дамыту өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтай отырып жүргізілуі қажет. Бұл бүкіл әлемге танылатын «Қазақстанда жасалған» табиғи азықтүлік брендін қалыптастырып, ілгерілетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жерді барынша тиімді игеретіндерді ынталандырып, ал дұрыс пайдалана алмайтындарға шара қолдану керек. Тиімсіз субсидияларды ауылшаруашылығы кешені субъектілеріне арналған банк несиелерін арзандатуға қайта бағыттау қажет. Бес жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өңделген ауылшаруашылығы өнімінің экспортын тиісінше, кем дегенде 2,5 есеге арттыруды тапсырамын», – деп шегелеп айтуының түп-төркінінде заманауи сұранысқа қарай бетбұрыс жасау қажеттігі жатыр.

Түйіндеп айтқанда, отандық өнім өндіруде оның экологиялық тиімділігін арттыру мақсатындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары және шетелдік жаңа технологияларды трансферттеу, оларды жергілікті жағдайға бейімдеу – біздің Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басым міндеті болып табылады. Олай дейтінім, институт ғалымдары халықаралық ғылыми орталықтармен бірлесіп, жүгері, қант қызылшасы, көпжылдық мал азығы мен майлы дақылдардың жоғары өнімді әрі бәсекеге қабілетті әлемдік сорттары мен будандарын трансферттеу және оларды отандық жағдайға бейімдеу бағытында бірқатар жұмыс жүргізуде. Егіс алқаптарын жалдап-тарақтап себу, тамшылатып суару, дәлдік егіншілік жүйесінде өсімдікке минералды тыңайтқыш енгізу тәрізді дүниежүзілік озық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді шетелдерден елге жеткізіп, жергілікті жағдайға бейімдеудеміз. Оның беріп отырған нәтижесі ойдағыдай.

Ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары ауылшаруашылығы дақылдарын өсірумен айналысатын әлемге әйгілі CIMMYT, ICARDA орталықтарымен бірлесіп, күздік бидайдың «Егемен», «Тұңғыш», ноқаттың «Икарда 1», «Али-Бар», Сербияның іргелі ғылыми мекемелерімен жүгерінің «КазЗП-125», «КазЗП-678», «КазЗП-589», «КазЗП» будандарын бірлесіп шығарып, өндіріске енгізуге қол жеткізді. Біздің алдымызға қойған басты мақсатымыз – жерге егілетін егіншілік, өсімдік, бау-бақшалық, мал азығы дақылдарының түрін жаңа будандармен, жаңа сорттармен ғылыми бағытта көбейту. Мұндай игілікті істер алдағы уақытта да жалғасатын болады. Жолдауға байланысты мен агросаланың жетік білгірі, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаев әріптесімнің алғашқылардың бірі болып қолдау көрсеткен мақаласын газеттен оқып, оның ақиқат шеңберінде айтқан құнды пікірлері мен ұсыныстарына дән риза болдым. Оның айтқандары қалың қауымның көкейіндегі көптен бері жүрген өзекті мәселелері еді.

Таяуда біздің институт ұжымында Жолдауға орай бас қосқан жиын өтті. Онда ғалымдар мен мамандар Жолдауға қатысты ойларын кеңінен талқылап, пікірлерін білдірді. Олардың арасынан «Қазақ бидайының атасы» атанған белгілі селекционер-ғалым, ҚР Ұлттық ғылым академиясының, Ресей, Украин аграрлық ғылым академияларының академигі Рақым Оразалиев пен институттың бөлім меңгерушісі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Ғалиолла Мейірман секілді ағаларымыз құнды ойларын айтып, ізгі лебіздерін жеткізе отырып, Елбасы Жолдауында көрсетілген міндеттер мен тапсырмаларды орындауға үлес қосуға үндеді. Бір сөзбен айтқанда, биылғы Жолдау бізге жаңа серпіліс туғызды.

Серік КЕНЕНБАЕВ,
Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директоры, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА Құрметті корреспондент-мүшесі

■ БРИФИНГ

Алып Алматының іргесінде орналасқан Іле ауданының облысымыздың экономикасына қосып жатқан үлесі қомақты. Іле ауданының әлеуметтік жағдайы сәл жүдесе, облыстың кірісінің де қоңылтақсып қалатыны белгілі. Ауданның өткен жылы қол жеткізген жетістіктері мен ауыз толтырып айтар табыстары жетіп-артылады. Алдағы уақытта Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында көрсетілген міндеттерге сай жұмыс жүргізіп, табысын тасқындата түспек. Бұл туралы аудан әкімі Қыдырәлі Медеуов Журналистер үйінде Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте айтып берді.

ӨНДІРІСТІ ӨҢІР ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ

Аудан аумағында орын тепкен ірілі-ұсақты компаниялар мен өндіріс ошақтары ел үмітін үкілеп келеді. Ондағы еңбек етіп жатқан жұмысшылар санын айтпағанның өзінде, бюджетті қомақты салықпен толтырып отырғандығы да көңілге демеу. Айталық, ауданда «Қазақстанда жасалған» әлемдік бренді бар «Данон Беркут», «Джей Ти Ай Қазақстан», «Филип Моррис Қазақстан» сияқты 3 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді.

Жалпы үй құстары, темекі өнімдері, фармацевтика, орамадағы гофрленген қағаз және картон, алюминийден жасалған профильдер, шыны ыдыстар шығарудан жетекші аймақ саналатын Іле ауданында биыл 21 жаңа өндірістік нысан пайдалануға берілген. Ауданның өнеркәсібі өркендеумен бірге өңір алыс-жақын көршілерге «Балабақшасы көп аудан» деген атпен де таныс. Демек, Іле ауданы білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет саласындағы жетістіктерімен де мақтана алады. Айта кетерлігі, емдік шөптерден адам өміріне аса қажетті тағамдық биологиялық белсенді қоспалар шығаратын қазақстандық ең ірі кәсіпорын да осында. Оның өнімдері Қырғызстан, Өзбекстан, Украина секілді алыс-жақын шетелдерге айтарлықтай таралуда. Үлкен сұранысқа ие болып отырған «Бент» АҚ, «Медиатекс» фабрикасы, «Фрут-Ай» сусындары мен «Байсерке-Агроның» ұн өнімдері де жұртшылық көңілінен шығып келеді. Қай қырынан алсақ та өңірдегі кәсіпорындар жоғары технологиялық және сапалы өнімдерімен тұтынушылардың алғысына бөленуде.

Аудан үшін жағымды жаңалықтың бірі – «Алматы –Талдықорған газ құбырының құрылысы» жобасы бойынша жұмыстар аяқталып, 6 мыңға жуық тұрғыны бар Ақши ауылы газбен қамтамасыз етілді. Ауданда 9 ауылдық округ газдандырылған, Алматы – Қапшағай газ қоймасын салудан кейін Жетіген ауылын газдандыру жоспарлануда.

«Таяқтың екі ұшы бар» дегендей, ауданның Алматы қаласының іргесінде жатқаны өндірістің қарқынды өркендеуіне сеп болғанымен кейбір келеңсіз жағдайлардың да туындап жататыны бар. Әсіресе, қаладан шығарылатын тұрмыстық қатты қалдықтардың аудан аумағына төгіліп, оны сұрыптау мен өңдеуге қатысты жұмыстардың ақсап жататыны жұртты да, журналистерді де мазалайтын болып шықты. Осыған орай түскен сұраққа:

– Ауданда 31 елді мекен, 160 саяжай бар. Оның үстіне іргедегі Алматы қаласының тұрғындары да тұрмыстық қалдықтарды далаға шашып кетуге дағдыланып алған. Қоқысты жинау, сұрыптау, қайта өңдеу күн тәртібінен түспейтін мәселеге айналған. Сондықтан биыл біз қалдық өңдеудің ресурстық әлеуетін дамыту бойынша жергілікті қаржы есебімен Қараой ауылдық округі аумағынан қалдықтарды қайта өңдейтін кешен салуды жоспарлап отырмыз. Оның алғашқы дайындық жұмыстары да басталды. Келесі жылы бұл бағыттағы жұмыстар нәтижесін көрсете бастайды, – деді аудан әкімі.

Расында Іле ауданында өнеркәсіп кешенін қарқынды дамытуға мүмкіндік мол. Өндірушілер гектар берекелілігін арттыру үшін «Ақылды технологияларды» пайдалануға ынталы. Аудан әкімдігі алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды жақсартудың жолдарын қарастыруда. Ол үшін аудандағы индустриалды аймақтарды дамытып, оның қуаттылығын арттыруды мақсат етуде. Өңір басшысы айтқандай, бұл жоспарлардың бәрі Елбасы Жолдауында көрсетілген тапсырмалар негізінде орындалатын болады.

Омар АҚЫН

ҒАЛАМШАР

КЕЛІНДЕР САЙЫСЫ



ТҰРСЫН САТҚАНОВА ЕСІМДІ ҚАЗАҚ КЕЛІНШЕГІ МОҢҒОЛИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕАРНАСЫНДА ӨТКЕН «МАНАЙ БӘР» РЕАЛИТИ-ШОУЫНДА ҮШІНШІ ОРЫН АЛДЫ. БҰЛ ЖАЙЛЫ «ASIARUSSIA.RU» САЙТЫНДА ЖАРИЯЛАНДЫ.

Қазақша аударғанда «Біздің келін» деген мағына беретін бағдарламаның өзгешелігі сол, моңғол ұлтына тұрмысқа шыққан өзге мемлекеттердің нәзік жандары бақ сынайды. Ақтық кезеңге Тұрсын Сатқанова (Қазақстан), Ханна Максон (АҚШ), Мина Тамура (Жапония) және Донара Балдансүрен (Ресей) қатысты. Жоба ұйымдастырушылары сайыс шартын әр кезең сайын қиындата түсті. Келіндер моңғол қамырын илеп, түрлі ұлттық тағам дайындады. Сайыстың ең қиын шарты моңғолдың ұлттық киімін тігу болды. Осындай қиын байқауда қазақ келіншегі үшінші және АҚШ-та дүниеге келген Ханна Максон төртінші орынға табан тіреді.


КІТАП СЫЙЛАУ КҮНІ



ИӘ, ӘЛЕМДІК КІТАП СЫЙЛАУ КҮНІ БАРЫН ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗ. БҰЛ МЕРЕКЕ 14 АҚПАНДА АТАЛЫП ӨТЕДІ. ЯҒНИ, ВАЛЕНТИНДІ СЫНАП-МІНЕЙ БЕРГЕНШЕ, ДӘЛ СОЛ КҮНГЕ ОРАЙ ДОС-ЖАРАНЫҢЫЗ БЕН ОТБАСЫҢЫЗДЫ ҚУАНТА БІЛІҢІЗ: ҚҰНДЫ КІТАП ТАРТУ ЕТІҢІЗ.

Мейрамның шығу тарихы да ерекше. Халықаралық кітап сыйлау мерекесі 2012 жылдан бері Эмми Бродмурдың бастамасымен тойланып келеді. Эмми Бродмур – әлеуметтік желіні белсенді қолданушы, 3 баланың анасы. Бір ұлы Эммиге дәл осы күні: «Неге адамдар бір-біріне ешқандай себепсіз кітап сыйлайтын күн жоқ?» – деген сауал қояды. Ешқандай жауап таба алмаған Эмми осы күнді кітап сыйлау күні деп белгілеп, әлеуметтік желі арқылы мерекенің танымалдылығын арттырды. Нәтижесінде, мереке халықаралық деңгейге дейін жетті. Халықаралық кітап сыйлау күні көршілес Ресейде танымал.

ҚАН САСЫҒАН МЕКТЕП



БҰРЫНҒЫ ОҚУШЫСЫ 17 АДАМДЫ АТЫП ӨЛТІРГЕН АҚШ-ТЫҢ АТЫШУЛЫ ФЛОРИДА ШТАТЫНДАҒЫ «МАРДЖОРИ СТОУНМЭН ДУГЛАС» МЕКТЕБІН ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК ҚҮРЕП ТАСТАУҒА ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ЖҰМА КҮНІ «ASSOCIATED PRESS» АГЕНТТІГІ ХАБАРЛАДЫ.

Агенттіктің мәліметінше, үш қабатты мектеп ғимаратын сүріп тастау туралы өңгіме жергілікті билік арасында бірнеше мәрте талқыланған. Флорида штатының заң шығару жиналысының сенаторы Билл Гальвано ескі ғимаратты күреп тастап, жаңа мектеп салуға жұмсалатын шығын 30 миллион доллар деп отыр. «Марджори Стоунмэн Дуглас» мектебіндегі қанды оқиға сәрсенбі күні түстен кейін орын алған еді. Аталмыш мектептің 19 жастағы бұрынғы оқушысы Николас Круз мектеп балалары мен мұғалімдерге оқ жаудырған. Ол бұрын ішкі тәртіпті бұзғаны үшін осы мектептен қуылыпты. Николас Круз «AR-15» жартылай автоматтандырылған винтовкасын қолданған.

ІШІМДІККЕ ЖАРНАМА ЖАСАЛМАЙДЫ



ҚЫРҒЫЗСТАН ПАРЛАМЕНТІ ҒАЛАМТОРДАҒЫ САЙТ БЕТТЕРІНДЕ АЛКОГОЛЬДІ ІШІМДІКТЕРДІҢ ЖАРНАМАСЫНА ТЫЙЫМ САЛАТЫН ЗАҢДЫ ҮШІНШІ ОҚЫЛЫМДА ҚАБЫЛДАДЫ.

«Интерфакс» агенттігінің ақпаратына сәйкес Парламент депутаттары «Жарнама туралы» Заңға түзетулерді бірден қолдаған. Ол бойынша ғаламторда алкоголь тауарларының жарнамасына тыйым салынады. Тыйым Қырғызстан аймағындағы сайттарға қатысты. Сонымен қатар, Қырғызстан азаматтары үшін лауазымды және заңды тұлғаларға алкоголь жарнамасы үшін тәртіпті бұзғаны үшін 10 мыңнан бастап 70 мың сомға дейін айыппұл қарастырылған. Біздің елде де алкогольді ішімдіктерді жарнамалауға тыйым салынғаны белгілі. Алайда кейбір сыраларға құрамында алкоголь қоспасы жоқ болғандықтан жарнамалауға шектеу қойылмаған. Ғаламтор беттеріндегі жарнама мәселесі бізде қатаң бақылауда.

АНТАРКТИДАДА ҚОРЫҚ ҚҰРЫЛМАҚ



ЖАСЫЛ ӘЛЕМДІ ҚОЛДАЙТЫН «ГРИНПИС» ҰЙЫМЫНЫҢ МАМАНДАРЫ АНТАРКТИДАДА ҚОРЫҚ АШУ ТУРАЛЫ БАСТАМА КӨТЕРДІ. ОТАНДЫҚ «ХАБАР 24» ТЕЛЕАРНАСЫ ОСЫНДАЙ ТЫҢ ЖАҢАЛЫҚ ТАРАТТЫ.

Қорықтың көлемі екі миллион шаршы шақырым аумақты қамтиды. Егер бастама қолдау тауып, жүзеге асатын болса, бұл жер жабайы жануарларға қорған болатын әлемдегі ең үлкен қорыққа айналады. Қазір ғалымдар аймақтың экологиялық ахуалын зерттеуге кірісті. Олар жаһандық жылынудың Антарктидаға әсерін бақылап жатыр. Ал қорық құру туралы жоба Еуропалық одақтың қарауына ұсынылды. Қазірдің өзінде Германия бұған қолдау білдіріп отыр. «Қазір балық аулаумен айналысатын компаниялар ұсақ шаянды аулауға бет бұрған. Шаян – теңіз жануарларының негізгі азығы. Сондықтан, олардың азайып не жойылып кетуі өзгелеріне кері әсер етуі де мүмкін», – дейді эколог Уилл Макмиллан.

■ ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНА – 60 ЖЫЛ



Арнаның алтын белесі

Алматы қаласында «Qazaqstan» телеарнасының 60 жылдығына арналған «Qazaqstan» еліміздің телеэпопеясы: ұлттық арнаның даму моделі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған осы арнада ұзақ жыл еңбек еткен «Өлке тынысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Мейрам Базарұлы мен облыстық «Жетісу» телеарнасының басшысы Бейсен Құранбек құрметті қонақ ретінде қатысып қайтты.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ,
“Жетісу”

Алдымен «Qazaqstan» телеарнасының Алматыдағы студиясында Дана Нұржігіттің «Дара жол» бағдарламасына түскен журналистер ертеңіне мерейтойлық шараларды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғастырды. Құрметті қонақтар алдымен университеттің мұражайын аралап, соңынан Жағдаяттық орталықтың жұмысымен танысты. Бұл жерде бейнекамералар арқылы үлкен аймақты алып жатқан оқу орнының аумағын, оқу корпустары мен аудиторияларды бір мезгілде экраннан бақылап отыру мүмкіндігі жасалыпты. «Мұндай бақылау арқылы оқу процесі мен тәртіпті қадағалап, ең бастысы, террористік әрекеттердің алдын алуға болады», – дейді орталықтың басшысы Ерназар Ишанов.

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көшбасшысы болып саналатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін тамамдаған түлектер мерейтойлары қарсаңында өздері білім алған қасиетті қара шаңыраққа сыйлық жасау дәстүрі қалыптасқан. Осы игі дәстүрді жалғастырған телеарна ұжымы арнайы кабинетке «Qazaqstan» оқу-шығармашылық зертханасын жабдықтап берген екен. Университет ректоры Ғалымқайыр Мұтанов пен телеарнаның басқарма төрағасының орынбасары Ләззат Жүнісова тұсаукесер рәсімін жасағаннан кейін қонақтар зертхана ішіне кіріп, онда қойылған жабдықтармен танысты. Ғалымқайыр Мұтанов және Ләззат Олжабайқызының құттықтау сөзінен кейін мәртебелі мейман «Ең үздік студент» байқауының жеңімпаздары болып танылған бес білімгерге шәкіртақы табыстады. Басқосу барысында телеарна ардагері Құсман Игісінов жиналған қауымға ізгі тілектерін жеткізсе, Ләскер Сейітов ақ батасын арнады.

Мерейтойлық шара әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кітапханасында жалғасын тапты. Бұл жерде қонақтар алдымен телеарнаның 60 жылдығына арналған көрме материалдарымен танысуға мүмкіндік алды. Ал, кітапхананың төртінші қабатында орналасқан мәжіліс залында өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияны ашқан университет ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов жиналған қауымды осынау айтулы мерекемен құттықтап, 60 жыл бойы ұлтымызға қалтқысыз қызмет жасап келе жатқан «Qazaqstan» телеарнасының жеткен жетістіктері мен алған биіктері жайында баяндады. Телеарна басқарма төрағасының орынбасары Ләззат Жүнісова Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрінің құттықтауын оқып, «Qazaqstan» РТРК-ның бүгіні мен болашағы жөнінде баяндама жасады. Осыдан кейін мәртебелі меймандар Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ақпарат бюросының басшысы Властимил Самек және Алматыдағы ЮНЕСКО кластерлік бюросы коммуникация және ақпарат бөлімінің басшысы Сергей Карпов мерейтой иелеріне өздерінің ізгі тілектерін жеткізді.

Қатысушыларға ұлттық арнаның тарихын баяндайтын бейнефильм көрсетілгеннен кейін арна ардагері Төлеубай Қаймолдинов, журналистика факультетінің ұстаздары атынан профессор Клара Қабылғазина ыстық ықыласқа толы құттықтауларын жеткізіп, университет пен телеарна арасындағы байланысты нығайта отырып, шәкірт тәрбиелеу мен телеарна бағдарламаларын жақсарту жолында бірлесе еңбек етуге шақырды. Осыдан кейін Ғалымқайыр Мұтанов университет түлектері мен «Qazaqstan» телеарнасының қызметкерлерін қайраткерлік және шығармашылық жетістіктері мен мемлекеттің дамуына қосқан үлестері үшін «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттады.

Осы күні және ертеңінде «Qazaqstan» телеарнасының журналистері, продюсерлері, репортерлері журналистика факультеті студенттеріне арналған «Тележурналистика негіздері» атты шеберлік сабағын өткізді.

Алматы қаласы

■ ТАҒЗЫМ

ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Биыл Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 29 жыл толып отыр. Осыған орай Талдықорғандағы №54380 әскери байланыс бөлімінде қан майданда қаза тапқандардың рухына тағзым етіп, ескерткіш-монументке гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен еске алды.

Айдар ҚАЛИЕВ,
“Жетісу”

Шараға Талдықорған гарнизонының әскери прокуроры, әділет подполковнигі Есжан Сыбанбаев, Ерғали Даутбаев, Ауған соғысының ардагерлері Амангелді Омаров, Ардақ Омаров, Сайлаукез Ақмолданов және №15 орта мектеп оқушылары қатысты.

Шара барысында Ауған соғысының ардагері Амангелді Омаров сөз алып, интернационалист-жауынгерлерге арналған іс-шараны жыл сайын ұйымдастыратын байланыс полкының қызметкерлеріне алғысын білдіріп, ақжарма тілегін ақтарды.

Келесі сөзді Талдықорған гарнизонының әскери прокуроры Есжан Сыбанбаев алып: «Өздеріңіз білетіндей, біздің ата-бабаларымыз батыл, батыр болды. Сол ержүрек батырлардың ерлігін болашақ ұрпаққа жеткізу біздің мақсатымыз. Елі үшін жанын берген батырлардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды», – деді. Шоқан Сабыржанов: «Бұл соғысқа қазақ даласынан 22 мыңнан астам жауынгер аттанған. Олардың 88930-ға жуығы хабар-ошарсыз кеткен, үш мыңнан астамы мүгедек болды. Негізі соғыстың басталған уақыты 22 желтоқсан. 15-ші ақпан соғыстың біткен күні. Сол үшін бұл күнді біз үлкен мереке санап, қаза тапқандарды еске аламыз», – деді.

Одан кейін байланыс бригадасының қызметкерлері салтанатты марш жасады. Шара соңында Талдықорған гарнизонының әскери прокуроры, әділет подполковнигі Есжан Сыбанбаев ардагерлерді ардақтап, оларға үлкен көмек көрсеткен жандарды марапаттады. Атап айтсақ, ТМД Үкімет басшыларының кеңесі жанындағы интернационалист жауынгерлер істері жөніндегі комитет төрағасының шешімімен байланыс бригадасының командирі Шоқан Саржігітов «Жауынгерлік іс-қимылдар ардагері. Намыс. Даңқ. Ерлік» медалімен марапатталды. Куәлігіне аталған ұйымның төрағасы Кеңес Одағының Батыры Руслан Аушев қол қойған.

Жоғарыда аталған комитеттің шешімімен Талдықорған гарнизонының аудандық эксплуатациялық бөлім бастығы Ерғали Дәуітбаев «Әлем бойынша ашық қарыштағы алғашқы адам – Леонов Алексей Архипович» мерейтойлық медалімен марапатталды. Бұл награданың құрылтайшысы ресейлік «Победитель» қоры.

Батырға құрмет

Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 29 жыл толды. Осынау қан майданға қазақ жастары да аттанған болатын. Солардың бірі – Ауған соғысының аңызына айналған Борис Керімбаевтің 70 жасқа толуына орай №15 орта мектептің мұрындық болуымен волейболдан жарыс өтті. «Ұлағатты ұстаз – ұлт болашағының тірегі» атты жарысқа 10 мектептің ұжымы қатысты.

Борис Түкенұлы 1948 жылы Жамбыл ауданының бүгінгі Сарыжал ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. Бала кезінен әскери адам болуды армандаған жеткіншек 1970 жылы Ташкенттің әскери училищесін тамамдайды. Еңбек жолы Германиядағы Кеңес әскерлерінің атқыштар тобында взвод командирі, сосын барлау ротасының командирі лауазымында жалғасады. Оның кәсіби қызметі бағаланып, көп ұзамай Орта Азия әскери округінде барлаушылар ротасында штаб бастығы қызметіне көтеріледі. Б. Керімбаев ұжымы 1981 – 1983 жылдарғы Ауған соғысында аса маңызды операцияларды орындауға қатысып, әскери арнайы тапсырмаларды орындады. Борис ағаның өмір жолына арналған «Қазақтың қара майоры», «Король Панджера» атты кітаптар жазылып, фильмдер түсірілген.

Қатысушылар аталмыш шара алдында қаза болған боздақтарды бір минут еске алды. Мектеп өнерпаздары әннен шашу шашты. Ардагерлер жылы лебіздерін білдіріп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Осыдан кейін тартысты бәсеке басталып та кетті. Ең бірінші Назарбаев зияткерлік мектебі мен №9 мектеп сайысқа түсті. Алғашқы сәтте Назарбаев мектебі қарсыластарына дес бермеген еді, кейін №9 мектеп намысқа тырысып барын салып, кездесуді өз пайдаларына шешті. Тартысты сайысқа Бекетай Қожахметов, Елдос, Шаймерденов, Ермек Жолдасбеков, Бауыржан Бекешов, Дәулет Құмаров төрелік етті. Қалған командалар да жеңіс үшін аянып қалмады. Ойыншылар ала допты ұрышқа иірді. Әсіресе, ақтық сынға шыққан №25 және №15 орта мектеп ұжымының ойыны әсерлі болды. Екі алпауыт команда жанкүйерлерге бойкүйездік танытпай әдемі ойын өрнегін көрсете білді. Нәтижесінде №4 мектеп тұғырдың 3-ші бөлігінен көрінді. Ал №15 мектеп 2-орынды қанжығаға байласа, №25 мектеп оқ бойы озып шығып, 1-орынды еншіледі. Әуеде қалықтаған ала допты шегеше қаққан Бауыржан Бекішев үздік шабуылшы атағын алса, үздік ойын көрсеткені үшін Ілияс Тәкенов марапатталды.

Думан КЕҢШІЛІК
Талдықорған

АУЫЗБІРЛІКТІҢ АРҚАСЫ



ену үшін елімізде барлық мүмкіншіліктердің бар екенін атап айтты. Әрқайсымыз уақыттың жаңа талаптарына сай жаңа технологияларды енгізуге дайын болу үшін білімімізді көтеріп, тілдерді, компьютерлік техниканы үйренуіміз керек.

Облыс тұрғындары Мемлекет басшысының тапсырмаларын табысты орындап, елордамыз Астана қаласының 20 жылдығын лайықты көрсеткіштермен қарсы алады деген сенімім мол, – деді.

Бұдан соң Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі **Елжан БІРТАНОВ** мінбеге көтеріліп, медицина саласындағы жаңалықтармен бөлісті. Ол сөзінің тоқетерінде денсаулық сақтау саласының қолжетімді болу керектігі, міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізудің артықшылығы жайлы айтты. Жұмыссыздарды тіркеу, олардың тегін медициналық көмек алуы үшін құжаттарын ретке келтіру мәселесі де әңгіме арқауына айналды. Денсаулық сақтау министрі жаңа жүйенің артықшылықтарын да сөз етті. Сөзінің соңында берекебірлігі жарасқан Жетісу жұртына амандық-саулық тіледі.

Бұдан басқа аудан, қала әкімдерінің есепті жиындарында көтерілген 352 мәселе шешімін тапқан.

Облысымыздың бүгінгі дамуын жан-жақты баяндаған облыс басшысы баяндамасын аяқтай келе:

– Елбасы жаңа әлемнің көшбасшылары қатарына

Жиын Жетісу өлкесінің бақуатты, тату-тәтті өміріндей жағымды әсерде өтті. Ел-жұрт көкейде жүрген сұрақтарын ашық қойды. Сөйлеймін деушілерге микрофон ұсынылды. Барлық сұраққа тұшымды жауап берілді. Көптің көңілі қош. Сөз соңында Амандық Ғаббасұлы:

– Бүгінгі менің есеп беруіме келгендеріңіз үшін рахмет айтамын. Бір адамның қолынан ештеңе келмейді. Жетістікке жетіп жатқанымыз ауызбірліктің арқасы. Басшы «істі сапалы істе, уақытында аяқта» деп тапсырма береді. Бірақ, шаруа көпшіліктің күшімен бітеді», – деп ел-жұртына ризашылығын білдірді.

Есеп беру шарасы шын мәнінде елдің еңсесін көтерді. Айтар сөзіңді бүкпесіз айтып, оның оңды шешімін табатынына көзің жетсе еңселенбегенде ше?!

■ СҰРАҚ-ЖАУАП

Амандық БАТАЛОВ:

– Естіңдер ғой? *(басшы жауапты мамандарды орнынан тұрғызды)* Жобалау жұмыстарын қолға алыңдар. Өмірдің нәрі – су. Ендеше, ойтоғандықтардың өтініші жерде қалмасын. Құбырларды жаңарту көп ұзамай қолға алынсын.



Бұдан бөлек, есепті кездесуде қой шаруашылығы республикалық палатасының бөлім басшысы Қайырлы ОМАШЕВ биязы жүнді қой өнімін өткізетін орынның жоқтығына қынжылыс білдірді. Жалпы облысымыздың биязы жүнді мал шаруашылығымен айналысатынын ескерсек, қайта өңдеу орнын салу өзекті шаруа болып тұр.

Бұл сұраққа жауап берген облыс басшысы Жамбыл ауданындағы «Қарғалы» комбинатын іске қосу қолға алынғандығын айтты. «Облыс бойынша бүгінде қой саны 4 млн.-нан асты. Бірақ, жүн әлі күнге рәсуә болып жатыр. Сондықтан, қайта өңдеу кәсіпорындарын ашуға күш саламыз. Инвестиция тартамыз», – деді ол.



Бикен Римова атындағы драма театрының ғимараты жаңадан ірге көтеруде. Осыған орай театр әртісі Абай НҰҒЫМАНОВ мәдениет ошағының қашан қолданысқа берілетіндігін сұрады.

Амандық Баталов бұған: «Негізінде ғимаратты жазда пайдалануға береміз дегенбіз. Бірақ, біраз кем-кетігін заман талабына орай өзгерту мақсатында пайдалануға беру мерзімін қыркүйекке ауыстырдық. Театрдың жаңа маусымы ашылғанға дейін мекеме есігі айқара ашық болады», – деп жауап берді.

Облыс әкімінің есеп беру жиынында көбінесе әлеуметтік мәселелер қозғалды. Туризмді дамыту мақсатында Балқаш көліне дейінгі жол жаңаланса деген ұсыныс айтылды. Мәселенің мәнісін созбалағанды ұнатпайтын облыс әкімі сол жерде жауапты мамандарға нақты тапсырма беріп, жобалау шараларын қолға алуды тапсырды. Жиынға ел-жұрттың аманатын арқалап, сонау Райымбек ауданынан да тұрғындар келіпті. Ел мен жер жайын күйттеген тұрғындар Райымбек ауданын Кеген мен Нарынқол деген екі ауданға бөлу жайлы жақсы істің басталғанына ризашылық білдіре келіп, әлеуметтік нысандарды да жаңалау жайлы айтты. Бұл сұраққа Амандық Баталов: «Бұйырса, келесі жылдың осы мерзіміне дейін екі аудан екі бөлек жұмысын бастайды. Кеген ауданының орталығы – Кеген, Нарынқол ауданының орталығы – Нарынқол елді мекені болады. Аудандарды қалпына келтіру жұмысы жүргізіледі. Әлеуметтік нысандар, халыққа қызмет көрсету мекемелері әр ауданға бөлек ашылады», – деп жауап бергенде залдағы көпшілік дүркірете қол соқты. Сондай-ақ, биыл қыс күшіне енгенде көмір тапшылығының сезілгендігі туралы, алдағы уақытта осы жағдайлар қайталанбаса деген сауалдар да түсті. Бұл орайда пысықтау шараларының жүріп жатқанын, алдағы жылға ертерек қор жинап алу мәселесінің көтерілгені айтылды.

Облыс әкімінің есеп беруі қай күні, қайда өтетіндігі жайлы ғаламторда да жарияланған. Соған орай, сұрақтар алдын ала сайтқа түсіпті. Онда қала тұрғындары банктің «қара тізіміне» ілінгендігі, баспана жағынан қиындық көріп жүргендігі, тағы да басқа жеке бас мәселелерін жазыпты. Әкім ешқайсын ысырып тастамады. Бәріне жауап берді. Банкпен жұмыс істейтін жауапты басшыларға тұрғындардың өтінішін қарап, мәселенің оңды шешімін шығаруға жәрдемдесуді тапсырды.





■ **Тұрғын үй беру 5,7 пайызға артық орындалып, 646 мың шаршы метр тұрғын үй берілген. Оның 97,7 мың шаршы метрі «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынған. Іргетасы қаланған 184 тұрғын үйдің 91-і пайдалануға берілген.**



■ **Облыс бойынша газбен жабдықтау деңгейі 26,2 пайызды құрайды *(123 елді мекен газдандырылған)*, қазіргі уақытта газдандыру жұмыстары 11 ауданда жүргізілуде. Алматы –Талдықорған магистральды газ құбырының құрылысы аяқталды.**



■ **Апатты мектептер мен үшауысымды оқыту мәселесі шешілуде. Өткен жылы 47 білім нысанын салуға және жаңғыртуға 26 млрд. теңге бөлінді. Жалпы 5,2 млрд. теңгеге 24 нысан күрделі жөндеуден өтті.**

■ РЕДАКЦИЯҒА ХАТ КЕЛДІ

Осыдан үш апта бұрын «Жетісу» газетінің редакциясына Ұйғыр ауданынан «Атауы жоқ ауыл» деген атпен бір қауым елдің мұңын арқалаған хат келіп түскен еді. Шалғайдағы 38 түтіннің талап-тілегін журналист Жұман Матай жеткізіпті. Хат авторының сөзіне сүйенсек, көпшілікке Канал учаскесі деген атпен белгілі бір кездегі елді мекен қазір қараусыз қалғандай.

АУЫЛ МӘСЕЛЕСІ
аудан әкімінің назарында

Біз бұл хатты Ұйғыр ауданының әкімдігіне жолдап, түсініктеме беруін сұраған едік. Осыған орай Ұйғыр ауданы әкімінің орынбасары Дәулетжан ДЕМЕНБАЕВТАН төмендегідей жауап келді.

«Облыстық «Жетісу» газетіне «Атауы жоқ ауыл» атты жолданған мақалаға байланысты аудандық ішкі саясат бөлімі, Үлкен Ақсу ауылдық округ әкімі П. Мурдинов, әкім орынбасары С. Адаутов Үлкен Ақсу ауылдық округіне қарасты Канал учаскесіндегі қоғамдық-саяси ахуалдың жағдайын анықтауға, тұрғындармен түсінік жұмыстарын жүргізу үшін 2018 жылдың 3 ақпанында аталған жерге барып кездесу өткізді. Кездесуге Канал учаскесіндегі ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тұрғанжан Аулилиев, жігіт басы Тұғлық Геняков және тұрғындар қатысты.

Кездесу барысында ақсақалдар төрағасы Т. Аулилиев жалпы тұрғындар атынан пікірлерін, өтініштерін айтты. Өз сөзінде Канал учаскесі өмір сүруге өте қолайлы, табыс көзі мол жер екендігін жеткізді.

Жігіт басы Т. Геняков осы жердегі шешімін таппаған мәселелер Каналға ауыл мәртебесін беруге байланысты болып тұрғанын барша тұрғындар білетінін, бірақ ешкімнің жоғары жаққа арызданып, наразылық айтуға ниеті жоқтығын, тек жергілікті билік осы жағдайды оңтайлы жүзеге асырып берсе деген тұрғындар тілегін айтты.

Бүгінгі күнде Канал учаскесінде қордаланып тұрған мәселелер: сапалы ауызсумен қамтамасыз ету, көшелерді жарықтандыру, балаларды оқытуға шағын мектеп салу, жер телімдерін рәсімдеуге ауыл мәртебесі берілмегені үшін туындап тұрған қиындықтар.

Қазіргі кезде Канал учаскесінде 38 тұрғын үй бар, құжаттары рәсімделген. Тұрғын үй салуға жер телімін алуға өтініш берген тұрғындар да бар, олар жалпы округ бойынша тізімге қойылған. Жалпы Каналдағы тұрғындар саны 186 адам, олардың ішінде 0-7 жас аралығындағы 31 бала бар. Бұл жерде бүгінгі күнге 4 «Алтын алқа», 5 «Күміс алқа» иегерлері бар. Яғни демографиялық өсу деңгейі байқалады.

Мектепте оқитын балалар саны 58 адам, оның ішінде, 8 бала шағын орталыққа барады. Оқушыларды Шырын мектебіне Бахар ауылдық округі тасымалдайды.

Кездесу барысында тұрғындарға ҚР Әкімшілік аумақтық бірліктер туралы Заңына сәйкес, ауыл мәртебесін беру туралы 3-бабының 5, 6 тармақтары түсіндірілді. Үлкен Ақсу ауылдық округіне дейінгі ара қашықтығы 55 шақырым, ал Бахар ауылдық округі 15-16 шақырым жерде орналасқанын алға қойып, Бахар ауылдық округіне қосу мәселесі туралы ұсыныс айтылды.

Кездесуге қатысқан ақсақалдар бұл жөнінде бұрында мәселе көтерілгенін айта келе, өз тарапынан ойланып, барлық тұрғындардың пікірін тыңдап, ақылдаса отырып шешуді ұйғарды. Қорыта айтқанда, Канал учаскесіндегі қоғамдық-саяси ахуал қалыпты, тұрғындар тарапынан наразылық көңіл-күй жоқ.

Үлкен Ақсу ауылдық округ әкімдігі заң талаптарына сәйкес, Канал учаскесіне елді мекен мәртебесін беруге тиісті құжаттарды әзірлеуге жұмыс атқаруда. Бұл мәселе аудан әкімдігінің басты назарында болады.

■ КӘСІПКЕРЛІК

Шағын индустриалды АЙМАҚТАР ҚҰРЫЛАДЫ





Биылдан бастап өңірлік кәсіпкерлер палатасының мұрындық болуымен шағын индустриалды аймақтарды дамыту жұмысы қолға алынды. Қаржысы мен ауқымды бизнес жоспары бар, алайда өз кәсібін ұлғайтып, зауыт ашып, цех салуға ыңғайлы жер таба алмай жүрген бизнесмендер аз емес. Осыған орай, облыстық кәсіпкерлер палатасы екі тарапты келістіру арқылы шағын индурстриалды аймақтарды дамытуға кірісті.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Талдықорғандағы «Талдыкорганэлектросетьстрой» ЖШС базасында облысымыздағы алғашқы шағын индустриалды аймақ іске қосылды. Жоба облыстық кәсіпкерлер палатасы және Талдықорған қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылды. Өткен жылдың соңында тараптар арасында әріптестік жөнінде меморандумға қол қойылған. Шағын индустриалды аймақтарды дамыту аясында тоқтап қалған кәсіпорындарға бизнес-инкубатор құрылады. Жүргізілген мониторинг бойынша облысымызда 13 тоқтап қалған кәсіпорын анықталды.

Аталған «Талдыкорганэлектросетьстрой» ЖШС 1948 жылы «Казэлектромонтаж» негізінде құрылған. Компания құрылыс және монтаждау жұмыстарымен айналысып келген. Кәсіпорын алаңында 12,6 гектар жер аумағы, жекеменшік әкімшілік ғимараты, металл цехы, қоймалар мен көлікжайлар бар. Шағын индустриалды аймақ ашу жобасын іске асыру нәтижесінде кәсіпорын аумағында 10-ға тарта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеп жатыр.

– Кәсіпкерлерге жалға алу бағасы бойынша жеңілдіктер қарастырылған. Жалға алу құны нарықтық бағадан төмен. Кәсіпкерлік нысандарына қажетті инфрақұрылым тартылған. Сонымен бірге, бос жер аумақтарында кәсіпкерлер құрылыспен айналысып, жаңа нысандарды аша алады. Шағын индустриалды аймақтарды ашу мен дамыту шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандырудың тағы бір механизмі болып табылады. Жоба жер ресурстарын тиімді пайдалануға, тоқтап тұрған кәсіпорындарды жаңғыртуға септігін тигізеді, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының экономикалық мәселелер бойынша орынбасары Әсет Шаяхметов.

Бүгінгі таңда индустриалды аймақ аумағында тігін, құрылыс машиналарын жөндеу, металл, полиэтиленді өңдеу, шеберхана, пластик терезелерді шығару, кондитерлік цехтар жұмыс істеуде.

«Талдыкорганэлектросетьстрой» ЖШС директоры Қайролла Ибрагимовтің сөзінше, шағын индустриалды аймақ ашу жобасы тоқтап тұрған кәсіпорынға жаңа тыныс береді.

– Кәсіпорын жұмысына қатысты қиындықтарды 2014 жылдан бастап сезіне бастадық. Әртүрлі жағдай орын алды, компанияны қайта жандандыру бойынша көп ойландық. Кәсіпкерлер палатасының демеуімен біздің кәсіпорын жаңа өмірін бастады. Әрине, жағдайымыз әлі де күрделі. Оңалту процедурасынан өтуге дайындалып отырмыз, есепшоттарымыз ашылады. Біз қызметімізді қайтадан бастаймыз, – дейді Қайролла Ибрагимов.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының ақпаратынша алдағы уақытта Талдықорған қаласында «Дархан и К» кәсіпорны негізінде шағын индустриалды аймақты ашу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Жетісу
1918–2018
№23 (18443), 24 ақпан, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖОБА

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ «Б» КОРПУСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі бекітілсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 97 «Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» қаулысының (нормативтік-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылы 29 наурызда № 4159 болып тіркелген, 2017 жылдың 1 сәуірінде «Жетісу», «Огни Алатау» газеттерін де жарияланған), 2017 жылғы 27 маусымдағы № 266 «Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 3 наурыздағы «Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 97 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» қалусының (нормативтік-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылы 27 шілдедегі № 4283 болып тіркелген, 2017 жылдың 3 тамызында «Жетісу», «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. «Алматы облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Б. Байжұмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі **А. БАТАЛОВ**

ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ



Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА академигі

Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауында жаһандық талаптарды ескере отырып, ел экономикасын цифрлік технологиялар негізінде дамытып, жаңа индустрияны қалыптастыруға болатындығына тоқталды. Осы мақсатта өткен Үкімет отырысында агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін арттырудың төрт бағыты анықталды. Осы төрт бағытты тиімді іске асырудың басты қадамдарын белгілеу үшін Ауылшаруашылығы министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті.

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Аграрлық саланың негізгі төрт даму бағыты:

– нүктелі жер өңдеу немесе дәлме-дәл егіншілік. Ауылшаруашылық алқаптардың электрондық карталары, нақты метеодеректер, сенсорлар және датчиктер, ғарыш мониторингі және т.б. деректерді пайдалана отырып, агрокұрылымдарда заманауи нақты технологияларды енгізудің экономикалық моделін әзірлеу; университеттермен, ғылыми-зерттеу институттарымен, сондай-ақ, ауылшаруашылығына инновациялық технологияларды әзірлейтін, цифрландырумен айналысатын компаниялармен бірлесе отырып, пилоттық шаруашылық иелерін, яғни фермерлерді оқыту;

– ауылшаруашылық техникасын жедел жаңарту. Тиімсіз субсидияларды төмендету негізінде биылғы жылы оның көлемін 20 млрд. теңгеге дейін арттыру. Егер жыл сайын қолдау шараларының көлемі өсетін болса, үш жыл ішінде жалпы инвестиция көлемі 240 млрд. теңгеге жетіп, жыл сайынғы ауылшаруашылық техникасының жаңару қарқыны 6% құрайды;

– мал шаруашылығын дамыту. Атап айтқанда мал басының 57-60% үй шаруашылықтарында шоғырланғандықтан мал шаруашылығында өндірілген өнімнің 72%-да осы жерде өндіріледі. Сондықтан, ұсақ фермерлердің ірі бордақылау алаңдары бар шаруашылықтармен кооперациясын ынталандыру арқылы мал өнімінің сапасы мен тауарлық көрсеткіштерін жақсартып, ет экспортының көлемін арттыру;

– суармалы жерлерді үдемелі игеру. Қазіргі таңда суармалы жерлердің көлемдері 2.5 млн. гектардан 1.1 млн. гектарға қысқарды. Бұл жерлерді шартты түрде алқапқа айналдыратын болсақ, 7.0-8.0 млн. гектар жердің айналымнан шыққанын көрсетеді. Ал егер де ең кем дегенде 1 гектар суармалы жерден 15 центнер өнім (астық) алатын болсақ, жыл сайын 1 млн. тоннадан астам астық алынбайды деген сөз. Сондықтан, 65 мың гектар жерге су беруді қайта қалпына келтіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру жоспарланған.

Былтыр желтоқсан айында елімізде «Цифрлы Қазахстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Оны іске асыруға мемлекет бюджетінен 384,2 млрд. теңге қарастырылған. Қазіргі уақытта ел экономикасының құрамдас бөлігі – аграрлық саланы жандандыру мақсатында аталған бағдарламаны негізге ала отырып «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында көптеген ауқымды іс-шаралар жүзеге асырыла бастады.

Ауылшаруашылық саласын «Ақылды технологиялар» арқылы дамытпай үлкен көрсеткішке жете алмаймыз. Бүгінгі заманның фермерлерінің өздері өндірген өнімнің нарықта бәсекеге қабілетті болуы, оның қаншалықты сұранысқа ие болатыны туралы дұрыс болжам жасай білуі – «ақылды» технологияларды игерумен іске асырылады. Мысалы, дамыған елдер цифрлік жүйелерді кеңінен қолдану арқылы өздерінің экономикалық өсімін 80-85%-ға дейін арттырып отыр. IT-технологияны өндіріске енгізу – шығындарды 20%-ға азайтады. Қазіргі кезде қазақстандық фермерлер GPS-жүйелері, мобильді қосымшалар, жоғары технологиялық датчиктер, алгоритмдер, спутниктік бақылау сияқты цифрлық технологияларды кеңінен қолданысқа енгізуі қажет. Заманауи сандық технологиялар фермерлерге әр елдегі озық жұмыс әдістерін үйренуге, өндірістің бірыңғай стандарттарын қадағалауға қолайлы жағдай туғызады. Ол үшін заманауи талап пен мақсаттарға сай келетіндей үздіксіз білім беру жүйесі болуы керек. Осы мақсатта біздің университет жанында жаңа білімге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ашық курстар, мектептер, тұрақты семинарлар өтетін Агробизнестің жоғары мектебі және Фермерлердің жоғары мектебі жұмыс істейді.

Бүгінде университет базасында агроөнеркәсіптік кешенде цифрлік технологияны дамыту мақсатында үлкен «Агроөнеркәсіптік кешенді цифрлендіру орталығы» іске қосылған. Орталықтың мақсаты – әкімдіктерге, ауылдық кәсіпкерлерге «онлайн» режимде консалтингтік қызмет көрсету, облыстық, аудандық білім басқармалары қызметкерлеріне, мектеп директорларына, ата-аналарға, оқу бітіруші түлектерге білім беру бағдарламалары туралы ақпарат ұсыну негізінде кәсіби бағдарлануға көмектесу; студент, магистрант, докторант және ғалымдарға ауылшаруашылығы саласының жағдайы туралы қажетті талдау материалдарын орналастыру; цифрлік технологияларды игерген әлемдік деңгейдегі білікті мамандарды тартуға, идеялар мен жаңа технологияларды енгізуге, озық инновациялық тәжірибелермен алмасуға бағытталған көпфункционалды платформаға айналу.

87 жылдық терең тарихы бар оқу орнымыз 2001 жылдан бері Ұлттық статусқа ие. 2010 жылдан бастап Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында алғашқылардың бірі болып ұлттық зерттеу университетіне транформациялану үстінде. 2015 жылы университет базасында Халықаралық агротехнологиялық хаб құрылған болатын. Оның құрамына университет жанындағы Қазақстан – Жапон, Қазақстан – Корея, Су, Тағам қауіпсіздігі, Қазақстан – Белорус агроинженерлік инновациялық орталықтары кіреді. Жастардың аграрлық білімін жетілдіру үшін шетелдің озық университеттерімен, ғылыми орталықтарымен тығыз байланыс орнатылған. Университеттегі агротехнологиялық хаб қызметі аясында бүгінде Корнель университетімен «Жергілікті алманың перспективті сорттарының гендік қорын зерттеу», Колумбияның NASA университетімен, АҚШ-тың Мичиган штаты университетімен «Климаттық модельдеу арқылы дәнді дақылдардың өнімділігін жоспарлау», Малайзияның Путра университеті мамандарымен «Халал өнімдер өндірісі технологиясы», Финдляндия ғалымдарымен «Тағам қауіпсіздігі және ветеринария» мәселелері бойынша бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, Америка, Қытай, Ресей ғалымдарымен бірге «Зиянкестер мен сортаңдарды алдын ала анықтау» бойынша, «Геоскан» мен NASA ғалымдарымен «Агроөнеркәсіп кешеніндегі тәуекелдердің ортақ жүйесін құру» жобалары жүзеге асырылуда.

Біздің университетімізде 90 пайыздан астам ауыл балалары оқиды. Ауылдан шыққан жастар білім алатын университет түлектерінің басым бөлігі бүгінде ауыл зиялыларының қатарын қалыптастыруға негіз бола жүріп, еліміздің түкпір-түкпірінде еңбекке араласып, елге қызмет етуде. Қазақ халқының алтын тамыры – атамекен ауыл екенін әрбір қазақстандық жас жете түсінетін уақыт келді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей ауылды көркейту бір ғана ынтамен шешілмейді, осы салада жұмыс істейтін әрбір адамнан ғылым жетістіктерін, оны өндірісте пайдалану тәжірибесін игеруді талап етеді.

Ауылға өзгеріс пен жаңалықты әкелетін озық білім мен инновациялық ғылым. Біздің мақсатымыз – ауыл-ауылдардан келген жастарымызға тиісті білім беріп қана қоймай олардың ел мен жердің қасиетін бағалайтын, туған топырақтың қадірін біліп, ауылын қастерлейтін және сол ауылдың зиялысына айналатын кәсіби білікті, руханияты кемел тұлға ретінде қалыптастыру.

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

ШЫНАЙЫ ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ

Талдықорған қаласының Тіл сарайында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы жетекші журналистер мен сарапшылар клубының ұйытқы болуымен «дөңгелек үстел» өтті. «Тағдыр тоғыстырған Қазақстан халқы. Алғыс айту күні» атты тақырыпта өрбіген жиынды облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит ТҰРСЫНБАЙ ашып, жүргізді.



Суретті түсірген Руслан КАДЫРОВ

Мәулен ӘНЕРБАЙ,
"Жетісу"

Басқосуға «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаев, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Айдар Башбаев және облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар, Қоғамдық келісім кеңестері, этномәдени бірлестіктер төрағалары мен белсенділері, облыстық, аудандық, қалалық газеттердің журналистері, блогерлер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің білімгерлері қатысты. Алғашқы сөзді облыстық Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов алды.

– Алғыс айту күні – әртүрлі этнос өкілдерінің қасиетті қазақ жері мен қонақжай халқымызға терең тағзымының белгісі. Депортация басталған қиын-қыстау кезеңде біздің ата-апаларымыз өзге этнос өкілдерін жатсынбай бауырына басты, қамқор құшағына алды. Қысылса да үйінен орын берді, бір үзім наны мен жарты құртын бөлісіп жеді, – деген Оралбек Нұрсейітұлы мерекеге орай өңірде ұйымдастырылатын іс-шаралармен таныстырды. Жыл сайынғы дәстүр бойынша барлық аудан, қалаларда қайырымдылық шаралары арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарға, ҰОС ардагерлеріне, аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік көмектер көрсетілетінін тілге тиек етті.

Бұдан кейін І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетіндегі «Рухани жаңғыру» орталығының меңгерушісі, облыстық ҚХА жанындағы ғылыми-сарапшылық топ мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты Назгүл Байғабатова, облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің төрағасы Адам Бойсаев, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің гуманитарлық факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының І курс білімгері Александр Сон баяндама оқып, Қазақстанға күштеп қоныс аударылған кездегі оқиғаларға тоқталды. Сондай-ақ, естеліктерімен бөлісіп, тағылымды әңгіме өрбітті. Жиын соңында ақпаратты мерзімді баспасөз, телеарналар мен интернет желілерінде жариялап, халыққа жеткізу жолы талқыланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2016 жылғы 14 қаңтардағы Жарлығына сәйкес 1 наурызда елімізде Алғыс айту күні атап өтіледі. Осыған орай облыс аумағында арнайы онкүндік жарияланды. Декада барысында «Татулық – бірлік бастауы» атты облыстық форум, БАҚ өкілдерімен Алғыс айту күніне арналған брифинг, Қаратал ауданындағы Бастөбе тауының етегіндегі «Қазақ халқына мың алғыс!» монументінде салтанатты митинг, этномәдени бірлестіктер шығармашылық ұжымдарының «Қарттарым – қазынам» атты қайырымдылық концерті, жалпыреспубликалық «Тату көршілер» акциясы аясында «Қайырымды көршіге рахмет» шарасы, «Медиация орталығының» Ашық есік күндері, білім беру мекемелерінде сынып сағаттары, ашық сабақтар, эсселер, суретшілер байқауы, денсаулық сақтау мекемелерінде «Салауатты ел – болашақ негізі» Ашық есік күндері, этномәдени бірлестіктер жастарының аға буын өкілдерімен «Алғыс арқалаған жандар» тақырыбында кездесулер өткізуі жоспарланған.

БРИФИНГ

ТУРИСТІК НЫСАНДАР ТҰРҒЫЗЫЛАДЫ

Көлсай мен Қайыңды көлін бауырына басып жатқан Райымбек ауданында туристерді қызықтыратын көрікті жерлер көп. Кейінгі жылдары алтын мен көмір өндірісі елдің әл-ауқатын арттыруға зор септігін тигізе бастады. Деректерге қарағанда, Райымбек ауданында 9 миллион тонна көмір қоры бар. Бұл дегеніміз, сол өңір тұрғындарын жұмыспен қамтып, аудан бюджетін толықтыруға сеп. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында аудан әкімі Жолан ОМАРОВ осыған дейін атқарылған жұмыстарды баяндап, алдағы міндеттердің орындалу жоспарын журналистерге айтып берді.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Биылғы он айда шекара шебіндегі өңір тұрғындары 20 млрд. 481 млн. теңгенің өнімін өндіріп, кіріс көлемін еселей түсті. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 363 ірі қара, «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 1350 қой-ешкі, «Құлан» бағдарламасы бойынша 100 бас жылқы сатып алынып, жоспар артығымен орындалған. Пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруда Райымбек ауданы алда келеді. Бұл жұмыс істеймін деген адамға жол ашатыны белгілі. Ауданда төрт түлікті түлетуге жағдай мол. Әсіресе, картоп өндірісін қолға алу керек.

– Биылдан бастап ауданда картоп өндіруді қолдауға барынша назар аударамақпыз. Бүгінде «Жетісу» ӘК» ҰК арқылы 850 млн. теңге қаржы бөлініп, Голландиядан сортты картоп тұқымын алуға келісім жасалды. Оны 200 гектарға егіп, 600 тонна өнім аламыз деп отырмыз. Осы арқылы тұқым шаруашылығын жандандырып, келесі жылы егіс көлемін 2 мың гектарға ұлғайтпақпыз. Картоп шаруашылығын жандандыру мақсатында сервистік қызмет көрсету орталығы да көптеп ашылады. Сонымен қатар, картоп өнімін саудаға шығарып, қаржы табуға да болады. Айталық, бүгінгі күнде қажеттілік Астана қаласында 68 мың, Алматыда 123 мың, Алматы облысында 438 мың тоннаға жетіп отыр. Демек, осы арқылы тұрғындарды жұмыспен қамтудың қосалқы жолы қалыптасады, – дейді аудан әкімі.

Райымбек ауданында мал шаруашылығы ғана емес, шағын және орта бизнесте өркендей түскен. Әкімнің айтуынша, ауданда бес жарым мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Сонымен бірге, 4 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылып, салық түсімдері артқан.

– Бір қуанарлығы, аудан кәсіпкерлері қазір өз қаржысымен аяққиім фабрикасын ашып жатыр. Алдағы уақытта кәсіпкерлермен бірлесе отырып тері илейтін цех салуды қолға алмақпыз. Өйткені ауданымызда жарты миллионнан астам қой-ешкі, 100 мың басқа жуық ірі қара бар. Айта берсек, тек біздің ауданда өсірілетін биязы жүнді қойдың жүні басқа өңірге қарағанда сапасы жағынан алдыңғы орында тұрады. Осы байлықты қайта өңдеу тұрғындарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік бермек, – дейді Жолан Ыбырайақынұлы.

Ауданда білім, денсаулық, мәдениет, туризм, әлеуметтік саладағы жетістіктер де көңіл қуантарлық. Құрылыс саласындағы қарқынды істердің нәтижесінде аудан орталығы, ауылдар түрленіп келеді. Әсіресе, туризм саласына құйылған қаржы көбейген.

– Өткен жылы облыс әкімінің тапсырмасы бойынша Көлсай көліне дейінгі 8 шақырым жолды жөндеу жұмысы биыл аяқталады. Бұдан бөлек Қайыңды көліне дейінгі 12 шақырым жолдың жобалық-сметалық құжаттарын дайындау үстіндеміз. Сонымен қатар, Көлсай көлінің бас жоспары жасалып, 12 гектар жерге туристік нысандар салынбақ. Ол жерде 3, 4 жұлдызды қонақүйлер бой көтереді. Өткен жылы осы аталған жерлерге 40 мыңға жуық турист келіп, демалып қайтыпты. Енді осы жерлердің инфрақұрылымы жақсартылса, келіп-кетушілердің қатары арта түсетіні анық. Айта кетерлігі, ауданымыз экотуризмді дамытуға табылмайтын өңір, – дейді аудан басшысы.

Алдағы жұмыс жоспары ауқымды. Мәселен, болашақта өңірдің экономикалық-әлеуметтік жағдайын көтеру үшін Саты ауылынан өңірлік музей, жергілікті өнімді саудалайтын сауда орталығы, ұлттық салт-дәстүрді насихаттайтын этноауыл ашылмақ. Сондай-ақ, картоп өндірісін өркендетіп, туризмді дамыту жолдары басты назарда болмақ.

«Нұр Отан» партиясының жұмысы жуық арада тың талаптармен толықтырылып, жаңаша бағытта жүргізілетін болады. Қажетсіз есеп-қисаптардан арылып, нақты қызметпен айналысады. Оған «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен ӘШІМБАЕВТЫҢ: «Жұмысы жүйелі әрі тиімді, міндеті айқын стратегиялық күш болып қалыптасуымыз керек», – деген пікірі дәлел.

Жаңғыру – жұмыс өзегі

Тағы бір қуантарлық жайт – жұмыс уақытының тиімді ұйымдастырылуы. Қанша дегенмен әр адамның жеке өмірі, отбасы, шешілуі тиіс өзекті мәселелері бар. Бұдан бөлек, өткізілетін іс-шаралардың мән-маңызына ерекше назар аударылып, алдағы уақытта сапа сұранысқа қарай сұрыпталмақ. Бүгінгі жаңа заманның талабына сай тың ұсыныс айтам дейтін әрбір «нұротандыққа» ендігі жерге басшыларға тікелей жолығуға мүмкіндік жасалады. Мұның өзі де партия жұмысының ашықтығы мен қолжетімділігінің көрсеткіші. Әлеуметпен әріптес бола білу де жаңа заманның талабы. Бұл ретте де «жаңашыл партия» әлеуметтік желідегі парақшаларында жаңғырту жүргізіп, желі оқырманын саяси жұмыстың жаңалықтарымен жедел таныстыру жайын жүзеге асыруда.

Жалпы саяси жұмыстың басқасында жүрген әрбір азаматты «Нұр Отанда» болатын жаңғыру жайы бейжай қалдырмайды. Жетекші партия жұмысына жастарды жұмылдыру, қоғаммен байланысты нығайта отырып, кез келген мәселенің, шешімін тарқатуға белсене атсалысу, қатарына қабілетті, озық ойлы, жігерлі, ұлтжанды азаматтарды топтастырып, ел болашағына бірге батыл қадам жасауды мақсат еткен «нұротандықтардың» жауапкершілік жүгі ауыр. Өзгерістерді іс жүзіне асырып, беделін бекемдей түсу үшін аянбай еңбек ету қажет деп ойлаймын.

Бағдагүл АХМЕТЖАНОВА,
«Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалының баспасөз хатшысы

БІЛІМ – БАСТЫ БАҒДАР

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында 10 бағыт бойынша маңызды міндеттерді атап көрсетті.

Елбасымыз әр жылғы Жолдауларында білім саласына айрықша назар аударып келеді. Биылғы Жолдауда адами капиталды жаңғырту негіздеріне баса көңіл бөлінген. Әсіресе, мұғалімдердің жалақысы біліктілігінің расталуына байланысты 30 пайыздан 50 пайызға дейін өсетіні туралы хабарды ұстаздар қауымы ерекше ықыласпен қабылдады. Президент осы мақсатқа биыл қосымша 67 миллиард теңге бөлу керектігін айтты.

Жолдауда білім саласының барлық сатысы бойынша нақты міндеттер айқындалған. Атап айтсақ, Президент орта мектеп, колледж, жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының бейнесабақтары мен бейнелекцияларын ғаламторға орналастыру керек екенін атап өтті. Мұның өзі еліміздің түкпір-түкпіріндегі ұстаздарға қолжетімді әрі пайдалы дүние болатыны сөзсіз. Озық білім мен үздік тәжірибе сабақтасса, саланың дамуына ерекше үлес қосары анық. Сонымен қатар бұл ауыл мен қала білімін теңестіруге жағдай жасайды деп ойлаймын.

Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керектігі айтылды. Бұл жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты.

Жолдау жаңа әлемге, яғни, Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу керектігін айқындайды. Сондықтан бұл Жолдауды ел келешегінің жарқын болуына бастайтын қадам деп білемін. Жаңа әлем көшбасшыларының қатарына білім беру жүйесін жаңа сапаға көтеру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Ұлттың әлеуетін арттыруда және озық әрі жаһандық көзқарасы бар болашақты тәрбиелеуде педагогтардан үлкен міндет талап етіледі. Осы артылған жүкті әр педагогтың жауапкершілікпен орындайтынына сенімдімін.

Жанар ДИХАМБАЕВА,
облыстық әдістемелік кабинеттің әдіскері

Жетісу
1918–2018
№28 (18448), 8 наурыз, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

8 наурыз

ШҰҒЫЛА



Асыл жандар ардақталды

Шұғылалы шуағын төккен көктем күніндей жүрегі мейірім мен махаббатқа толы асыл аналарға құрмет көрсету, ілтипат білдіру – абыройлы іс. Міне, мерейлі мереке қарсаңында «Нұр Отан» партиясы Талғар аудандық филиалында «Бақытты отбасы – бақытты балалық шақ» партиялық жобасы аясында көпбалалы және ерекше күтімді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған аяулы жандарға құрмет көрсету мақсатында филиалдың төрағасы, аудан әкімі Райхан САДЫҚОВА мерекелік қабылдау өткізді.

Ұлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

– Адамзат өмірінің іргетасы әйелдің қолымен қаланады. Әйелдің алақанында тіршіліктің шырайы, шаңырақтың шырағы бар. Бүгінгі күні ақжаулықты аналарымыз отбасының береке-бірлігін ғана ойлайтын тұлға емес, ол өмірге, мемлекеттің саяси мәселелеріне белсене араласатын қоғам мүшесіне айналды. Сіздер мемлекеттік қызмет пен қоғамдық істе де, кәсіпкерлік пен тәлімгерлікте де тамаша табыстарға қол жеткізіп келесіздер. Біз әрқашанда қоғамның дамуын өмірде нәзік, ал істе мығым әйелдер қауымымен тығыз байланыстырамыз, – деген аудан әкімі Райхан Нұрмырзақызы аяулы жандардың отбасының аман, дендерінің сау, істерінің табысты болуына тілектестігін білдірді. Аудандық мәслихат хатшысы Жұмахан Еңкебаев «жұмақ аналардың табанының астында» дей келе, адам баласына өмір сыйлап, өсіріп-жеткізетін аналардың өлшеусіз еңбегіне ұлан-асыр алғысын білдірді.

Құттықтаудан соң аудан әкімі бесқайнарлық көп балалы ана Мәния Жұмабекке «Алтын алқасын» және кеңдалалық Альбина Искакова мен Жаннат Қауынбаеваға «Күміс алқаларын» салтанатты түрде табыс етті. Сонымен қатар, бірқатар аналар аудан әкімінің Алғыс хатымен және сыйлықтарымен марапатталды. Олардың қатарында сан жүздеген жетімнің көз жасын құрғатып, бауырына басып жүрген үлкен жүректі аналарымыз, «Нұр» отбасылық балалар үйінің директоры Тұяқ Қазкенқызы, «Ковчег» балалар үйінің директоры Марина Сугакова, «Ерікті мүгедектер» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Любовь Таирова, зейнеткерлер Раушан Қабылжанова, Светлана Курманова, Шәрбану Нұқаева, кәсіпкер Гүлсара Өтеп, тізбелей берсек, нәзіктігіне қарамастан еңбекқорлығымен, іскерлігімен танымал бірқатар аналар құрметке ие болды.

Жан жадыратқан көктемнің шуақты мерекесі бұдан әрі Тұздыбастау ауылдық Мәдениет үйіндегі «Құлансаз» ансамблінің мерекелік концертіне жалғасты.

Талғар ауданы

СЕЛЕКТОР

ТІЛ МЕРЕЙІ ӨСТІ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР БАҚЫТЖАН САҒЫНТАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. АЛҚАЛЫ ЖИЫНДА «НҰРЛЫ ЖОЛ» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БЫЛТЫРҒЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ МЕН БИЫЛҒЫ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ 2013-2017 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДА ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ҚАРАЛЫП, 2018-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ.

Мәди АЛЖАНБАЙ,
"Жетісу"

Алғашқы мәселе бойынша Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек баяндама жасап, былтыр атқарылған жұмыстардың нәтижесін таныстырды. Оның айтуынша, «Нұрлы жол» инфрақұрылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында еліміздің барлық аймағында республикалық маңызы бар автожолдар жаңартылып, күрделі жөндеуден өктізілген. Атап айтқанда, «Алматы – Шу» учаскесінде екінші жолдың құрылысы аяқталып, құрлық портында қуаты 4 миллион тоннаға дейін жететін автомобиль паромдық кешенінің бірінші кезеңі іске қосылды. Одан бөлек, Астанадағы Нұрсұлтан Назарбаев атындағы әуежайда жаңа жолаушылар терминалының құрылысы аяқталып, «Нұрлы жол» жаңа теміржол вокзалы пайдалануға берілді. Жыл қорытындысы бойынша жеті өтпелі жоба аясында республикалық маңызы бар 603 шақырым автокөлік жолы пайдалануға беріліп, республикалық маңызы бар 4,4 мың шақырым автожол жөнделген. Жобаларды іске асыру жұмыстарына 75 мың адам қатыстырылып, қазақстандық жол-құрылыс материалдарының басым үлесі пайдаланылған.

– Биыл 23 автожол жобасы іске асырылатын болады. Ондағы 22 жоба өтпелі, оның ішіндегі 10 жоба Халықаралық қаржы институттарының займдары есебінен іске асырылуда, – деген Жеңіс Қасымбек межеленген жобаларды таныстырып өтті. *– Жалпы займдар есебінен алдағы жылда ұзақтығы 2900 шақырым болатын он жоба жалғасын табады. Биылғы жоспар бойынша 528 шақырым жолды ашу жоспарланған. Сонымен қатар, Елбасының Жолдауында жергілікті жердегі автокөлік жолдарын жөндеу мен реконструкциялау жұмыстарын қаржыландыру ұлғайтылып, жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің Дүниежүзілік экономикалық форумының «Жол сапасы» көрсеткішін жақсарту мақсатында облыс әкімдіктерімен бірлесе отырып, аудандық және облыстық автомобиль жолдарының техникалық жағдайын жақсарту бойынша бірқатар шаралар әзірленеді. Биыл республикалық және жергілікті бюджеттен қосымша 60 миллиард теңге бөлініп, қаржыландыру көлемі 150 миллиард теңгеге жетеді.*

Алдағы жылдарда 4 мың шақырымнан астам жол жөнделіп, жол бойындағы қызмет көрсету нысандарын дамытуға ерекше назар аударылады. Сондай-ақ, елімізде жыл соңына дейін әуежайлардың инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жылу, сумен жабдықтау және су бұру желілері жаңғыртылады. Мәселеге орай «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Алик Айдарбаев, Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев, Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек кезекпен атқарылған жұмыстарын таныстырып өтті.

Үкімет отырысында қаралған екінші мәселе – «2013-2017 жылдарға арналған Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі» мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы бойынша ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары, генерал-майор Нұрғали Білісбеков баяндама жасап, теріс діни ағымдардың жетегіне ерушілерді түзу жолға түсіру жұмыстарының нәтижесін таныстырды. Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасы орынбасарының айтуынша, 2018-2022 жылдарға арналған бағдарламаның мақсаты – діни экстремизм көріністерін ескерту және терроризм қаупін болдырмау арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осы мақсатта 2013 жылдан бастап діни экстремизм мен терроризм идеологиясын таратудың себептері мен жағдайларын жою және атаулы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде 202 комиссия жұмыс істеді. Осыған орай жалпы саны 8,1 миллионға жуық адам қамтылған 96,6 мыңнан астам шара өткізіліп, 755 «жихадшы» қалыпты жолға түскен. Дайындық жұмыстарының бастапқы кезеңінде 38 террорист сипаттағы зорлық-зомбылық экстремистік науқандарының іске асырылуына жол берілмеді. Шетелдік күдікті діни білім беру мекемелерінде оқып жатқан 384 студент елге қайтарылды. Сөз соңында генерал-майор Нұрғали Білісбеков Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес дайындалған Қазақстан Республикасында 2018-2022 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның жобасын көпшілік назарына ұсынды.

Бір айта кетері, Үкімет отырысы бастан-аяқ мемлекеттік тілде жүргізілді.

ШҰҒЫЛ ШАРА

Шығын өтеледі

Күннің күрт жылуына байланысты еріген қар суы алқаптағы тоғандарды толтырып, облысымыздағы бірнеше үйдің аулаларына кірген болатын. Осыған орай Ескелді ауданына барып, қауіптің алдын алу шараларын көріп қайттық.



Айдар ҚАЛИЕВ
"Жетісу"

Алдымен ат басын Қарабұлаққа бұрдық. Мұнда төтенше жағдай науырыздың бірінен екісіне қараған түні орын алған. Қызыл суды ауыздықтау үшін әкімдік өкілдері дереу оқиға орнына барған. Таңғы сағат төрт жарымда 6 үйдің ауласына кірген су тазартылып, арнайы субөгет жасалған. Бүгінде қалалық әкімдік өкілдері мен жергілікті халық жұмыла еңбек етуде. Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Елдос Ахметов: «Қызыл судың тасқыны орын алды деген түні 4 экскаватор, 2 КамАЗ, 2 су соратын көлік жұмылдырылды. Сонымен қатар төтенше жағдай орын алған жерге елуге жуық адам жиналып, білек сыбана іске кірісті. Бүгінде қауіп жоқ. Астанадан теміржол мамандары келіп, көпірлерді тазалады. Бақылау күшейтіліп, қызыл судың алдын алу жұмыстары жүргізілді», – деді.

Осыдан кейін Ешкіөлмес ауылына бардық. Мұнда да қосымша құбырлар мен арықтар салынып, су тасқынының алдын алу шаралары жүргізілуде. Су басқан үй жоқ. Әйтсе де арнайы дамбалар жасалып, қосымша жұмыстар атқырылған. Жергілікті халықтың айтуынша су соңғы рет шамамен 2010 жылы басқан. Қазір ондай қауіп жоқ. Әкімшілік жіті қадағалайтынын айтты. Иә, облыста қызыл судың алдын алу жұмыстары жүйелі жалғасуда. Әр ауданда жедел әрекеттердің топтары мен төтенше жағдайлар департаментінің сарбаздары жұмыла жұмыс істеуде.

– Биыл қыс ерекше болып, күннің күрт жылынуынан су ерте келді. Жер әлі тоң, суды қабылдамайды. Негізінен облыста су екі кезеңмен жүреді. Бірінішісі – наурыз айының соңы мен сәуір айының басында болса, екіншісі – мамыр айының соңы мен маусым айының басында таудағы қар еріген кезде. Біз орын алған олқылықтарды ескере отырып, екі кезеңмен келетін судың алдын алу жұмыстарын жүргізудеміз. Жалпы төтенше жағдайларды ауыздықтау және залалын жою үшін облыс бойынша 2.7 млрд. теңге бөлінген болатын. Қаражат арық жүйелерінің құрылысы және техникалар сатып алуға жұмсалды. Жұмыс облыс әкімінің жіті бақылауында. Облыстағы Талғар, Жамбыл аудандарында төтенше жағдай жарияланған болатын. Талғар ауданындағы Тұздыбастау елді мекенінде 27 үйдің ауласына қызыл су кірген. Қазір атқарылған жұмыстың нәтижесінде аулалардың барлығы құрғақ. Сонымен қатар Жамбыл ауданында да жағдай тұрақты. Судың беті қайтарылды. Қазір облыстық комиссия кеткен шығынды есептеу үстінде. Шығын көлемі анықталған соң әр тұрғынға өздеріне тиесілі өтемақы төленетін болады, – деді облыс әкімінің баспасөз хатшысы Ғалымұрат Жүкел.

8 наурыз

БАЛАЛАРДАН БАЗАРЛЫҚ

Анаға сөлем

ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА «МЕН ЖҰЛДЫЗБЫН» ӘН СТУДИЯСЫ 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР МЕРЕКЕСІНЕ АРНАП КЕШ ӨТКІЗДІ. 3 ЖЫЛДАН БЕРІ ҮЛГІЛІ АТАҒЫН АЛЫП, ЖАС ТАЛАНТТАРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫН ЖАҒЫП, ҚАБІЛЕТІН АШУҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРІП ЖҮРГЕН АТАЛМЫШ СТУДИЯДА 50 БАЛА ТӘЛІМ АЛАДЫ. ОЛАРДЫҢ БАСЫМ КӨПШІЛІГІ РИГА, МИНСК, АСТАНА ҚАЛАЛАРЫНДА ӨТКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОДАЛАРДА ЖҮЛДЕЛІ ОРЫННАН КӨРІНІП ЖҮР.

Кеш шымылдығы балалардың шырқауындағы «Анаға сәлем» әнімен ашылды. Бүлдіршіндер сахнадан түсіп, аналарына гүл шоқтарын сыйлап, ыстық ықыласын осылай білдіргендей. Көктемнің гүліндей құлпырған қырмызы қыздар мен аяулы аналарға арналған кеш әрмен қарай бүлдіршіндердің ән шашуымен жалғасты. «Сүйемін мен ата-әжемді» деп шырқаған Айсәуле мен Арайлымға көпшілік тәнті болды. Кеш барысында Бибігүл апаларындай бұлбұл дауысты әнші, Шара әжелеріндей мың бұралған биші қыздар мен талантты жастардың өсіп келе жатқанына куә болдық. «Өмірдің бір қызығы бала» дегендей, көрермендер сахнада өнер көрсеткен балаларына қарап, сүйсініп отырды. Кеш соңында өнерлі өрендердің ата-аналары сөз сөйлеп, баласының талантын ашуға ықпал етіп жүрген Серікжамал Әжібековаға шексіз алғыс білдірді.

– Маған салғырттық танытып демалуға болмайды. Мен ештеңе істемей жата берсем бұл балаларына кім дайындайды? Құдайдың берген қуатының арқасында әртүрлі кеш өткізіп жүрміз. Дарынды балаларды жақсы көрем, күндіз-түні соларды қалай жарыққа шығарам деген оймен жүремін. Жігері мықтылар бәрін жеңеді. Мен балаларымды рухқа, адамгершілікке, ең бастысы, сыйласымдылыққа үйретем, – деді Серікжамал Нүсіпқызы.

Айта кетейік, «Мен жұлдызбын» студиясына 5 жастан 15 жасқа дейінгі балаларды қабылдайды. Онда би, ән, актерлік шеберлік сабақтары бойынша өнерін шыңдайды.

Думан КЕҢШІЛІК

ҮН ҚОСУ

Қамқорлық көрінісі

ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ «ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ» АТТЫ ХАЛЫҚҚА ҮНДЕУІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ӨЗ ШЕШІМІН ТАППАҚ. ЖЫЛ САЙЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА 54 МЫҢ ГРАНТҚА ҚОСЫМША 20 МЫҢ ГРАНТ БӨЛУ ҚАЖЕТТІГІ ОНДА НАҚТЫ КӨРСЕТІЛДІ.

Гранттың бір бөлігі техникалық мамандықтарға тиесілі. Сол арқылы экономикамыз өріс-теп, сұранысқа ие мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда ақпараттық және сандық технология, робот техникасы саласы мамандарының қажеттілігі туындауда. Нұрсұлтан Әбішұлы студенттердің әлемдік талаптарға сай білім алуына және олардың тұратын жеріне жағдай жасауға назар аударып отырғаны жастарға деген мемлекет қамқорлығының көрінісі іспеттес.

2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орынды жаңа жатақхана салу туралы Елбасының тапсырмасы біздің өңірде де шешімін табады деген сенімдеміз. Соңғы үш жылда Талдықорған саз колледжіне, Бастөбе сервистік-техникалық колледжіне, Талғар политехникалық колледжіне, Талғар агробизнес және менеджмент колледжіне және өзге де оқу орындарына жатақхана салу қажеттілігі туындауда. Студенттерді жатын орынмен қамтамасыз ету шалғай аудан, ауылдардан білім іздеп келген студенттерге үлкен көмек болмақ.

Елбасының жаңа әлеуметтік бастамалары әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Болашағына сенім білдіріп, тың бастамаларды жүзеге асыруға әр азамат өз үлесін қосады деген сенімдеміз.

Ерқат МҰҚАЖАНОВ,
Талдықорған политехникалық колледжінің директоры

Берері көп бастама

ІЛКІМДІ ІСТЕРГЕ ДЕН ҚОЙҒАН ЕЛБАСЫМЫЗ БЕРГЕН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ЖҮГІ АУЫР. ОНЫ «ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ» АТТЫ ХАЛЫҚҚА ҮНДЕУІНЕН АҢҒАРУҒА БОЛАДЫ.

Әлеуметтік жаңғыру жолында ауқымды қадамдарға жетелейтін бұл бес бастаманың берері көп, ұтары мол.

Әрбір отбасын баспанамен қамту отау құрған жастардың болашаққа деген сенімін ұлғайтады. Салық саласына да сақтықпен қарауды негіздеп отыр. Бұл жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын жоғарылатуға мүмкіндік бермек. Мұны дер кезінде қабылданған шешім десек те артық етпес. Білім саласына да үлкен көңіл бөлінуде. Онысы жөн. Түптеп келгенде төрткүл дүниенің төріне шығаратын ақыл мен ойдың жемісі. Жас толқынның білім көкжиегін кеңейткен сайын ұлттың абыройы асқақтай бермек. Ал шағын несие беру кәсіпкерлікті дамытудың төте жолы әрі таптырмас орайы. Ол ел экономикасының өрістеуіне негіз болмақ. Халық көптен күткен «көгілдір отынның» күрмеуі де шешілуге таяды. Оны Ел Президенті соңғы бастамасында нақты айтты. Енді еңсемізді тіктеп, іске кірісуіміз керек. Бәрі тайға таңба басқандай көрсетіліп тұр. Бізге тек бұл бағалы бастамаларды негізге алып алға басу қажет.

Табысымыз еселенер, Тәуелсіздігіміз мәңгіге баянды болар тұсқа да келгендейміз. Иә, берекелі бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай алсақ, мерекелі тірлігімізге төнетін қауіп болмасы хақ.

Рахила АҚШОЛАҚОВА,
№22 орта мектеп директоры
Талдықорған қаласы

Ілтипат

КӨКТЕМ НҰРЫ

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ «КӨКТЕМНІҢ ШУАҒЫ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТКІЗДІ. ОҒАН ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕСІН ҚОСЫП ЖҮРГЕН КӘСІПКЕР, МҰҒАЛІМ, АРДАГЕР АНАЛАР, КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Салтанат сарайының мәжіліс залында өткен кештің мақсаты – аналарға құрмет көрсету, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру мен еңбексүйгіштікті дәріптеу. Аталмыш жиында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев сөз алды. Ол аяулы аналарды мерекесімен құттықтай отырып ыстық лебізін білдіріп, қажымас қайрат, денсаулық тіледі.

– «Ана» деген сөз үш әріптен тұрады. Сол үш әріпке кең дүниенің мейірімділігі сыйып кетердей. Қазақ қызды сыйлап, төрге отырғызған. Өйткені, бүтін бір ұлтты тәрбиелейтін бүгінгі қыз – ертеңгі ана. Сол үшін де қырмызы қыздардың ары мен абыройы бәрінен биік тұруы тиіс. Өзіміз күні бойы жұмыста болсақ, үйдегі кішкентай балапандарды тәрбиелеп отыратын да солар, – деді Ғалиасқар Төлендіұлы.

Шара соңында алтын құрсақты ана 36 немере мен 22 шөбере сүйіп отырған Нұршаруан Түстікбаева бата берді. Әрмен қарай аталған жиын әнші қыз-жігіттердің өнермен жалғасты.

К. ДУМАН

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ қатысуымен жергілікті атқарушы органдар мен жұмыс берушілердің және аумақтық кәсіподақ бірлестіктері арасында үшжақты келісім жасалды.

ҮШЖАҚТЫ келісім жасалды

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Шара аясында Лаззат Махатұлы облыстық әкімдік, кәсіподақтар орталығы және кәсіпкерлер палатасы арасында 2015 – 2017 жылдарға арналған үшжақты келісімнің мерзімі аяқталғанын айта келіп, жеткен жетістіктері мен табыстарын саралады. Осы ретте облыс әкімінің бірінші орынбасары:

– Үшжақты келісімнің нәтижесінде өңірдегі жұмыссыздық деңгейі 4,7%-ға, кәсіпорындардағы өндірістік жарақаттану 28%-ға төмендесе, орта және ірі кәсіпорындарды ұжымдық шартпен қамту салыстырмасы 4,1%-ға артты, – деді.

Осыдан кейін сөз алған облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Зайда Ілімжанова, «Алматы облысының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Әсет Қыдырманов, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Нариман Әбілшайықов әріптестіктің өңірдің әлеуметтік жағдайын жақсартып, экономикалық әлеуетін көтерудегі артықшылығын тілге тиек етті.

Олардың айтуынша, ел өркениетін өркендетуде ерекше орны бар бастама алдағы уақытта да жалғасады. Осыған орай кездесуде 2018 – 2020 жылдарға арналған үшжақты келісімнің жаңа редакциясы таныстырылды. Жеті бөлімнен тұратын маңызды құжатта әлеуметтік әріптестік арқылы технологияны жаңарту, халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, бизнес орта мен адами капиталдың сапасын жақсарту, тағы басқа негізгі шарттар қамтылған. Жиынға қатысқан әр сала мамандары жаңа құжаттың әлеуметтік еңбек қатынасын реттеу мен экономикалық саясатты жүргізуге, лайықты еңбек жағдайын құруға үйлесетінін мақұлдады. Соңында үш тараптың өкілдері келісімге қол қойып, бірлесе жұмыс істеуге уағдаласты.

ҮН ҚОСУ

ҚАРЖЫ ҚАЙТЫМДЫ шаруаға жұмсалады

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУДЫ ҚАЙТЫМДЫ ШАРУАҒА АРНАҒАН ДҰРЫС. БҰЛ ОРАЙДА ҮНДЕУДЕГІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ТҮСУГЕ ЫНТА БІЛДІРУШІЛЕРГЕ ГРАНТТЫ МОЛ БӨЛУ ЖАЙЛЫ БАСТАМА БӨРКІМІЗДІ АСПАНҒА ЛАҚТЫРТТЫ. «БОЛАЙЫН ДЕГЕН БАЛАНЫҢ БЕТІН ҚАҚПА, БЕЛІН БУ» ДЕГЕН ТӘМСІЛ БАР ХАЛҚЫМЫЗДА.

Білім алуда қаржы қолбайлау болмауы тиіс. Себебі, жастардың оқуына бөлінген қаражат ертең еліміздің гүлденуіне жұмсалатыны сөзсіз. Білімге сусындаған ұрпағымыздың көзі ашық, көкірегі ояу болып қалыптасады. Бұл – алпауыт елдермен кез келген мәселеде тереземіздің тең түсетіндігінің айғағы.

Үндеуде биылғы оқу жылында 54 мың грантқа қосымша тағы 20 мың гранттың бөлінетіндігі айтылған. Салым – адам ресурсына арналады. Алдағы уақытта инженер, ақпараттық технология, робот техникасы, нанотехнология саласы дамытылмақшы. Бұл да ел ертеңін ойлаудың сара жолы. Сондай-ақ, білімгерлердің жатақханасы жаңаланбақшы. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев атқарылатын жұмысты айшықтай түсіп: «2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салуды тапсырамын», – деді. Мемлекет басшысының айтуынша, осы құрылыстардың ірге көтеруі қажеттілікті толық шешеді.

Үндеу – тәуелсіз еліміздің одан әрі гүлденуіне арналған жаңа бастама. Бастама көңіл хошымызды келтірді. Жүкті көп болып көтеріп әкететінімізге сенім мол.

Мансұр ҚАНТУРЕЕВ,
Жетісу мемлекеттік университеті педагогика және психология факультетінің деканы

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№29 (18449)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 13 наурыз, 2018 жыл.

■ КӨКТЕМГІ ЕГІС

Шаруа адамдары бүгінде көктемгі егіске қызу әзірлік үстінде. Аграрлы аймақ Жамбыл ауданында ауыл-шаруашылығы жұмыстарына техниканың сексен пайызы дайын. Шаруалардың көктемгі науқанға сақадай-сай әзірлікпен кірісуі алдағы мол өнімнің кепілі болмақ.

Серік САТЫБАЛДИЕВ,
"Жетісу"



ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

Осы орайда қажетті техникамен толық қамтамасыз етілген шаруашылықтардың бірі – аудан орталығындағы «Светлана» шаруа қожалығы. Құрылғанына биыл 17 жыл толатын шаруашылықтың төрағасы «Ерен еңбегі үшін», Тәуелсіздіктің, Конституцияның 20 жылдығы мерекелік медальдарының иегері, ауданның Құрметті азаматы Александр Назаренко *(суретте оң жақ шетте)*. Айналасына іскерлігімен танылған ғалым-агроном салада ұзақ жыл жемісті еңбек етіп келеді. Егін өсірумен айналысатын қожалықтың табысы толымды. Тиісті агротехникалық шараларға сай өңделген егістік алқабынан жылда бітік өнім алады.

Шаруашылық қажетті техникамен түгел қамтамасыз етілген. Қуатты «К-700» тракторының екеуі, «МТЗ-82»-нің бесеуі, астық тасымалдайтын «ЗиЛ», бірнеше «КамАЗ» жүк көліктері мен егін оратын алты комбайн бар. «ҚазАгроҚаржы» ұйымы арқылы алынған су жаңа «Нива-Эффект» комбайны машина-трактор паркін толықтыра түсті. Техниканың науқандық жұмыстың қай-қайсына да сақадай-сай дайын болуы мұнда айнымас дәстүрге айналған. Осы ретте Аманғали Әбілешев, Қырықбай Ізтілеуов, Сергей Язигин, қожалықтың көп жылдан бергі білікті механигі Анатолий Язигин секілді механизаторлар өз ісінің шеберлері.

– Күзде бес жүз гектар жерге бидай егілді, енді осы көктемде мың жарым гектарға арпа себуді жоспарлап отырмыз. Оған қоса суармалы алқаптың үш жүз гектарына майбұршақ, жүз гектарына жоңышқа себеміз. Қазір қолда бар техниканың сексен пайызы көктемгі дала жұмыстарына да- йын. Науқан басталғанға дейін әзірлікті жүз пайызға жеткіземіз деп сеніммен айта аламын. Өйткені, мұндағы жұмысшылар еңбекқор және өз ісін жетік меңгерген кәсіби мамандар, – дейді ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында өзіндік үлесі бар шаруа қожалығының төрағасы.

Александр Николаевичтің ұжымы шетінен еңбекқор жандар. Техника тіліне жетік мамандар бұл жерде жыл он екі ай тұрақты жұмыс істейді. Уақытылы жалақы, малына керекті жемшөбін, өнімділікке қарай жылдық сыйақы алып тұрады. Тұрақты жұмыстағылар сегіз адам болса, науқан кезінде уақытша еңбекке тартылатындар саны екі-үш есеге артады. Ұзынағаш пен Қарақыстақ ауылы маңындағы мыңдаған гектар жерге егін еккен ол халықты жұмыс және азық-түлікпен қамтамасыз ету ісіне осылайша атсалысуда.

Жамбыл ауданы

■ ҮНҚОСУ

Білім алуға ЗОР МҮМКІНДІК

Бес бастаманың ішіндегі тағы бір өзектісі– мемлекеттік гранттардың санын арттыру және білімгерлерді жатақханамен қамту мәселесі. Иә, аталмыш сала бойынша да атқарылар іс ауқымды. Елбасының шешімімен 2018-2019 жылы бөлінетін қосымша гранттар білім саласына елеулі серпін беретіні анық. Оқу оқып, ізденемін деген жастарға қолдау, білімге, жатақханаға деген қолжетімділік бойынша жария етілген жақсы жаңалық жалпыға ортақ жағымды іс.

Бұған дейін еліміз бойынша мемлекет тарапынан жоғары оқу орындарына 54 мың грант бөлініп келген. Ендігі кезекте Елбасы бастамасымен аталмыш тегін оқу жүйесі 20 мың грантпен толықтырылмақ. Ал өңірімізде облыс әкімінің грантымен жергілікті бюджет есебінен 438 білімгер тәлім алса, енді бұл көрсеткіш 100 грант көлемінде көбеймек. Бұл үлкен жетістік, үлкен мүмкіндік. Болашаққа деген ұмтылысы биік әр бала үшін жоғары деңгейдегі қолдау, асқақ арманның орындалуына ашылған даңғыл жол. Көзделіп отырған көрсеткіштердің осы сәттен бастап іске асары да анық. Себебі, Елбасы жоғары білім алудың қолжетімділігі мен оқу сапасын арттыру үшін бірқатар шараларды ұсынып, нақты шешімі болуын талап етті. Бағдарламаның мақсаты бойынша гранттың басым бөлігі техникалық, инженерлік, ақпараттық-технологиялық мамандықтарға бөлінбек. Осы арқылы төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа экономикада сұранысқа ие болатын білімі мен білігі жоғары маман даярлау мүмкіндігі пайда болмақ. Ертеңгі ел тізгінін ұстайтын жастарға деген қамқорлықтың көрінісі осы. Елбасы сөзіндегідей орта мектеп түлектерін жоғары біліммен қамту, олардың оқу жүйесіне назар аударып, сапасын көтеру әлемдік тренд. Сондай-ақ, Президент білімгерлердің стандартқа сай сапалы білім алуымен қатар олардың тұратын жеріне жағдай жасау мәселесін де қарастырған. Бұл да бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналған болатын. Кез келген оқу орнының білімгерді жатақханамен қамтуы кенжелеп келгені бәрімізге белгілі. Енді бұл тақырып та жоғары деңгейде шешімін таппақ. Осы орайда Елбасы ұсынған жекеменшік серіктестігі қағидасымен Студенттер үйін салуды бастау мәселесі өте ұтқыр да ұтымды ой екендігі анық. Жақсылық жаршысы болған жаңалықтың ерекшелігі 2022 жылдың соңына дейін кемінде 75 мың орынды жаңа жатақхана салынбақ. Осынау ойымен бөліскен Елбасы жатақхана тапшылығын шешуді нақты тапсырып өтті. Ендігі кезекте «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бәріміз бірге берекелі іске бастамашы болайық.

Мықтыбек РАХЫМБЕКОВ,
Талдықорған заң колледжінің директоры

■ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

МАЛШЫ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қытымырлығын барынша көрсеткен биылғы қыс барлық салаға сын-сынақ болды. Әсіресе, қиыр қонып, шет жайлаған малшы қауымның қыстан қысылмай шығуына назар аударылды.

Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Арман Мұқановтың жетекшілігімен құрылған жұмысшы тобының құрамындағы дәрігер, полиция қызметкерлері, ветеринарлық пункт меңгерушілері, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің қызметкерлері және осы салаға жауапты басқа да мамандар төрт түлік соңындағы жандардың тірлігін көзбен көріп, тиісті көмек көрсеткен болатын. Шаруалар қарауындағы малдарын жүдетпей, шығынсыз шығару үшін табиғи жайылымдарды тиімді пайдаланып, қолдағы жемшөбін үнемді қолдануда. Алдағы айрықша кезең – мал төлдету науқанына да дайындық жасалуда. Мол жемшөп қоры соған негіз. Алмалы, Екіаша, Амангелді ауылдық округтерінің бірқатар қыстауларына ат басын бұрған жұмысшы топ қоражайдың қолайлылығын, жемшөптің жеткіліктігін, сақманға іріктелген адамдардың дәрігерлік тексеруден өткізілуін, төл қораларының жылытылуын, мал басын өз төлі есебінен арттыруға қадам жасалғанын, азық-түлік, дәрі-дәрмектің барлығын көріп, малшы мәселесіне қанығып қайтты.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

■ СЕЛЕКТОР

Санитарлық тазалық – САУЛЫҚ КЕПІЛІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ ағымдағы жылғы 1 наурыздағы №87 қаулысына орай өңіріміздегі санитарлық тазалау жұмыстары басталып кетті. Осыған орай облыстық әкімдікте облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжановтың төрағалығымен селекторлық жиын өтті. Аталмыш жиынға штаб мүшелері, қала, аудан әкімдері және БАҚ өкілдері қатысты.

Құралбек СӘБИТОВ,
"Жетісу"

Күн тәртібінде елді мекендерді санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру, көктемгі, күзгі санитарлық тазалық айлықтарын өткізу мәселесі қаралды. Тақырып төңірегінде алғашқы сөз алған облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Әсет Қанағатов санитарлық тазалау жұмыстарының былтырғы қорытындысы жайлы айтып өтті. Өткен жылғы санитарлық тазарту бойынша орын алған олқылықтар жайлы айтқан Әсет Серікұлы биыл ол қателікті жібермеу керектігін жеткізді. Сондай-ақ ағымдағы жылы орын алған Жамбыл, Талғар және Қарасай аудандарында тұрғын үйлерді су алу төтенше жағдайынан сабақ алу керектігін де тілге тиек етті. Биыл арық жүйелерін қайта құруға және салуға 856 млн. теңге сұралып, оның 430 млн. теңгесі бөлінгендігін жеткізді. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес Алматы аумағындағы елді мекендерді үнемі назарда ұстап отыру керектігі де айтылды.

Былтыр санитарлық тазалық жұмыстары сапалы атқарылған Қарасай, Балқаш, Ескелді, Жамбыл және Райымбек аудандарын айрықша атап өтті. Бұл өңірлерде жасыл желектерді қию және бояу, көшелер мен арық жүйелерін тазалау жұмыстары жоғары деңгейде жүргізілген. Алайда Ақсу, Іле, Талғар, Үйғыр аудандары және Талдықорған қаласы тазалық бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен. Аталған елді мекендердің орталықтары таза болғанмен арық жүйелері қоқысқа толып, тұрмыстық қатты қалдықтар жинау контейнерлері шығарылмаған.

Келесі болып сөз алған облыстық экология департаментінің басшысы Қоныс-бек Байеділов қоқыс қалдықтарын жинақтайтын полигондардың жағдайын жеткізді. Көп өңірлерде полигондардың жағдайы тым нашар. Тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, өңдеу, қайта өңдеу мәселелері тіпті сын көтермейді. Департамент басшысының сөзіне сүйенсек, көптеген полигондардың қоршауы жоқ, суы мен электр жарығы тартылмаған. Кейбірінің мал жайылымына, қаңғыбас иттердің жиналатын жеріне айналғандығы түптеп келгенде жұқпалы аурулардың таралуына, ауаның ластануына әкелетінін айтып өтті.

Жиын соңында Қарасай, Іле аудандарының әкімдері санитарлық тазарту жұмыстарының жоспарын таныстырып өтіп, көгалдандыру мәселелерін тілге тиек етті. Жиын қорытындысында санитарлық тазалықты тек екі айда ғана емес, жыл бойы тұрақты түрде жүргізу жайы қарастырылып, облыстық штаб құрамы мен іс-шаралар жүйесі бекітілгендігі сөз болды.

■ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Жол бойындағы нысандарды халықаралық стандартқа сәйкестендіру жұмыстарын жеделдету керек. Бұл мәселе облыс әкімінің орынбасары Айдарбек БАЙЖАНОВТЫҢ төрағалығымен өткен жиында айтылды.

СТАНДАРТҚА СӘЙКЕС ПЕ?

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Бүгінде өңіріміздегі республикалық және жергілікті маңызы бар жол бойларында халыққа қызмет көрсететін 335 нысан бар. Өткен жылы соның ішіндегі 100 нысанды халықаралық стандартқа сәйкестендіру қолға алынды. Оған дүкен, тамақтану орындары, жанармай құю бекеті, тағы да басқа нысандар енді. Алайда, олардың бірінде азық-түлік дүкені болса, бірінде дәретхана қарастырылмаған. Май құю бекетінде дүкен жоқ. Кейбір нысандар күрежолдың бойына жақын орналасқандықтан қауіпсіздік шаралары қарастырылмаған. Ал «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» мен «Алматы – Талдықорған» жолының кеңейтілуіне байланысты қызыл сызыққа кіріп қалғандар да бар. Десе де, бір жылдық жұмыстың нәтижесінде 100 нысанның 80-і ұлттық стандартқа сәйкестендірілген. Қалған нысандардың стандартқа сәйкестендірілмей қалу себебін тиісті мекеме өкілдері бөлінген қаржының жетіспеушілігімен түсіндірді.

Осы ретте облыс әкімінің орынбасары жиынға қатысушыларға халықаралық, республикалық маңызы бар «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» транзиттік дәлізі мен «Алматы – Қапшағай» күрежолының бойына салынатын сервистік нысандардың орнын анықтауды, құрылыс жұмысын қадағалауды тиісті мекеме өкілдеріне тапсырды. Сонымен қатар, құрылысы басталған «Талдықорған – Өскемен», «Үшарал – Достық» жолының бойындағы нысандарды ұлттық стандартқа сәйкестендіру жұмысына ерекше көңіл бөлу қажеттігі сөз етілді.

Жиын соңында Айдарбек Естебекұлы отырыста қаралған мәселелердің алдағы уақытта да назардан тыс қалмайтынын ескертіп, жұмыс қарқынын жылдамдатуды міндеттеді.

■ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ

ІРІКТЕУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы «Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыртуды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысының негізінде еліміздің барлық өңірінде жылына екі мәрте, күз бен көктем мезгілдерінде азаматтарды әскерге шақыру науқаны жүргізіледі.

Наурыз бен сәуір айларында жүргізілетін көктемгі әскерге шақыру науқаны бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік күзет қызметінің «Айбын» және «Батыр» президенттік полктеріне іріктеу жұмыстары басталды. Іріктеу барысында бекітілген ереже-талаптарға сәйкес, ең бастысы, Отанға деген махаббатының тұнықтығы, шыншылдығы, ұрымтал тұста ұтқыр, ұтымды шешім қабылдай білетін, төзімді әрі зерек бозбалаларға басымдық беріледі. Сондай-ақ, спорттық және өзге де салалардағы жетістіктері, марапаттары ескеріледі. ҚР МКҚ қызметкерлері жылдан-жылға осы бағыттағы жұмысты басты назарға алып жатыр. Мәселен, 2017 жылғы әскерге шақырту комиссиясының жұмыс нәтижесінде 295 жас сарбаздың 255-і арнайы орта және жоғары білімді болған. Салыстырмалы түрде 2016 жылы үміткерлердің арасынан тек 195 сарбаз ғана іріктелген.

Әскери қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру мәселесі әрдайым басшылықтың жіті бақылауында.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік күзет қызметінің ерекшелігі, жас сарбаздар әскери борышын «Құрмет» қарауыл ротасында өткізеді. Елімізде тек осы құрылымға ғана мемлекеттік протоколды атқару жүктелген. Бозбалалардың көбісі әскери қызметтерін дәл осы «Құрмет» қарауыл ротасынан бастауды армандайды. Ал ол – «Айбын» және «Батыр» президенттік полктеріне бастар бірден-бір даңғыл жол.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

■ БРИФИНГ

Ескелді ауданының әкімі Бағлан ТӘНЕКЕНОВ өңірлік коммуникациялар қызметінде баспасөз мәслихатын өткізіп, былтыр атқарылған жұмыстарының нәтижесін таныстырды.

Жетістік бар, ТАБЫС МОЛ

Облыс орталығының іргесіндегі ауданда жетістік жеткілік, табыс мол екен. Атап айтқанда, былтыр аудан бюджетінің көрсеткіші 5 миллиард 880 миллион теңгеге жеткен. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар аясында бірқатар жобалар жүзеге асырылып, жаңа нысандар мен кәсіпорындар пайдалануға берілген. Алдағы кезеңде ауыл тұрғындары үшін аса маңызды саналатын ауызсумен қамтамасыз ету ісі жүйелі жүргізіліп, биыл Биғаш, Көктөбе, Қаратал, Жетісу және Жастар ауылдарының ауызсу жүйелерін жасау жалғасады. Сондай-ақ, аудандық маңызы бар жолдарға күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Оған 264,8 миллион теңге қарастырылып отыр.

Одан бөлек «Өңірлерді дамыту» бағдарламасымен балабақша, дәрігерлік амбулатория салу үшін қажетті қаражат бөлінген. Аудан тұрғындары үшін Қарабұлақ, Бақтыбай, Жалғызағаш, Жетісу, Сырымбет, Қаратал, Қайнарлы, Ақын Сара ауылдарына тұрғын үймен қамтылған учаскелік полиция бекеттерін салу үшін қаражат бөлінуі айтулы жаңалық болып отыр. Өйткені тұрғындардың қауіпсіздігі мен қоғам тыныштығы бүгінгі күні аса маңызды мәселеге айналып отыр.

Осындай жетістіктерді тізбелеп таныстырып өткен аудан әкімі Бағлан Сағындықұлы:

– Биыл инвесторлардың көмегімен бірқатар жоба іске асырылады. Солардың қатарында ауданда «International Mofeed» ЖШС ұсынған, жылына 15 мың тонна майбұршақ өңдейтін, құны 350 миллион теңге болатын зауытты айтуға болады. 20 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ететін өндіріс орнының қоймалары күрделі жөндеуден өткізіліп, зауытқа қажетті құрал-жабдықтарға тапсырыс берілді, – деп нақты істердің нәтижесін көпшілік назарына ұсынды. *– Наурыз айынан бастап «АСПМК-519» ЖШС Шажа өзеніне қуаттылығы 29 МВт-тық, құны 7 миллиард теңге болатын «ГЭС-2» су электрстансысының құрылысын бастауды жоспарлауда. Бұл жоба 15 жаңа жұмыс орнын ашады. Сонымен қатар, әктас өндіретін «Коман» ЖШС және гигиеналық қағаз өнімдерін шығаратын «Прима-Т» ЖШС өндіріс ауқымын кеңейтіп, жаңа технологиямен жаңартылуды көздеуде. Бүгінде аудан жұртшылығына сапалы өнім ұсынып отырған «Сүт Мастер-М» ЖШС құны 1 миллиард теңгені құрайтын, 256 бас сүтті сиырға арналған тауарлысүт ферма салмақшы. 28 адамды жұмыспен қамтамасыз ететін бұл жоба инвестициялық деп танылып, жер учаскесіне және құрылыс жұмыстарын жүргізуге қажетті құжат алынуда.*

Бұл Ескелді ауданында атқарылуы тиіс істердің бір парасы. Одан бөлек, Ешкіөлмес ауылында «Салем Құс» ЖШС 10 мың бас бөдене өсіруді қолға алса, Жеңдік ауылында «Балық Қаратал» ЖШС жылына 50 тонна балық өнімін ұсынатын форель өсіруде. Одан бөлек, ауданда туристік нысандар, қонақүйлер, дәмді тағам ұсынатын мейрамханалар мен дәмханалар, мал бордақылау алаңдары, жылыжайлар, алма бақтары, түйе-тауық өсіретін құс фабрикасы ашылып, шағын және орта кәсіпкерлік өркендеп келеді. Бір сөзбен айтқанда, Ескелді ауданының табысы мол, жетістігі көңіл қуантады.

Брифингтің екінші бөлімінде аудан әкімі Бағлан Тәнекенов тілшілер қойған сауалдарға жауап берді.

Мәди ӘСЕТҰЛЫ

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№31 (18451)
Сенбі, 17 наурыз, 2018 жыл.

ҒАСЫР ЖОБАСЫ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

АЙНАЛМА ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ және Үлкен Алматы айналма автокөлік жолын салатын мердігер компания өкілдерінің қатысуымен тағы бір ғасырлық жобаның тұсауы кесілді. Батыс Қытай – Батыс Еуропа күрежолымен керуен тартып, Алматы қаласы арқылы өтетін көліктердің іркіліссіз қатынауын қамтамасыз ететін айналма автокөлік жолының құрылысы биыл басталатын болды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Инвесторлармен кездесіп, емен-жарқын әңгімелескен Амандық Ғаббасұлы:

– Өткен жылы Алматы облысының экономикасына 567 млрд. теңге инвестиция тартылса, бір ғана Үлкен Алматы айналма автокөлік жолының құрылысына құйылған инвестиция 512,3 млрд. теңгені құрады. Өңірдің экономикалық әлеуетін көтеріп, әлеуметтің тіршілігіне серпін беретін жобаға жұмсалған қаржының 176,7 млрд. теңгесі инвестициялық шығындардың өтемақысына, 28,0 млрд. теңгесі пайдалану шығындарының өтемақысына, 307,6 млрд. теңгесі басқарғаны үшін сыйақы, яғни, меншікті капиталдың құны, банктік пайыздар және қосымша құрылысқа, тағы басқа шығындарға жұмсалады, – деді.

Қарасай, Іле, Талғар сияқты үш ауданның аумағын кесіп өтетін айналма жолдың жобасы 2013 жылы қолға алынған болатын. Алматы қаласының аумағы ұлғайып, көрші аудандардың жер телімдері қаланың территориясына кіруіне байланысты жоба қайта қарастырылды. Осы уақыт аралығында жол өтетін жер телімдерін жекеменшіктен мемлекет меншігіне өткізу жұмысы жүргізілді. Қазір айналма жол өтетін аумаққа орналасқан 722 жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл жерде тұрғын үй, сауда орталықтары, егістік алқабы, мекемелердің ғимараты, өндіріс орталығы сияқты нысандар болғандықтан көптеген қиындыққа жолықса да жол құрылысына кедергі келтіретін себептердің бәрі жойылды.

Жолды салып, бітіру мерзімі 2018 – 2021 жылға, пайдалану мерзімі 2036 жылға дейінгі 15 жылға жоспарланған. Жалпы ұзындығы 66 шақырымға созылатын алты жолақты, 1 «а» категорияға жататын жол бойында 41 көпір, 7 жол айырығы салынады. Жоба пайдалануға берілгенде айналма жолдан тәулігіне 38 мың көлік өтсе, толық қуаттылығына енгенде 104 мың көліктің іркіліссіз қатынауына мүмкіндік туады.

ҚР Инвестиция және даму министрлігі Автокөлік жолдары комитетінің тапсырысы бойынша қолға алынған жобаны түркиялық және кореялық құрылыс компаниялары серіктесіп жүзеге асырады. Олар күрделі инженерлік жұмысты атқаратын мамандардан басқа 90 пайыз жұмысшыны жергілікті тұрғындардан аламыз деп отыр.

– Жоспар бойынша биыл дайындық жұмыстарын аяқтап, келесі жылдан жол салуға қарқынды кірісеміз. Бәрі ойдағыдай болса, 2021 жылы жолды тапсырамыз. Оған қуатымыз да, мүмкіндігіміз де жеткілікті. Мұндай ауқымды жобаны Қазақстанда бірінші рет қолға алып отырғанымызбен басқа елде бірнеше мәрте жүзеге асырдық, тәжірибеміз жеткілікті, – дейді «Алсим Аларко» АҚ-ның вице-президенті Аббас Шахин.

Жобаны іске асыру үшін облыстық әкімдік жол құрылысына керекті қосалқы материал дайындайтын, тас үгітіп, цемент пен асфальт шығаратын зауыттарды орналастыруға қажетті жерлерді анықтап береді.

Осы арқылы мердігер компанияның белсене жұмысқа кірісуіне жағдай жасаймыз. Жоба жоспарлы уақытында аяқталса, оның пайдасын кептелістің қиындығын тартып жүрген жүргіншілер көреді.

Міне, осылай Жетісу жерінде тағы бір ауқымды жоба жүзеге асырылатын болды.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Жанкүйерлер ЖЕҢІС КҮТЕДІ

Футболдан ел чемпионатының Премьер-лига ойындары басталып та кетті. Талдықорғандық «Жетісу» командасы маусымның басын өз алаңында Қостанайдың «Тобыл» командасын қабылдап, жеңіліс тапқан болатын. Екінші турдың ойынын да өз алаңында өткізетін «Жетісу» командасы «Астана» командасын қабылдамақ. Елорданың футболшылары тегеурінді қарсылас. Өткен жылдың чемпионы бұл жолы «жетісулықтарға» қандай сый дайындап келе жатыр екен деген сауал жанкүйерлердің көкейін мазалайтыны анық. Жерлестеріміз өз жанкүйерлерін қуанта ала ма деген ой санамызды сансаққа жүгіртеді. Бұл сауалдың жауабын кездесуден кейін анықтайтын боламыз. Осылайша кезекті ойын алдында облыс әкімінің дәстүрлі қабылдауы өтті.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ,
"Жетісу"

«Жетісу» футбол клубын қабылдау шарасына облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Тұратбек Шарапиев, спорт саласына жауапты облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар және команданың бас жаттықтырушысы Дмитрий Огай мен команда мүшелері қатысты.

Кездесуді ашып, жүргізіп отырған Амандық Ғаббасұлы өткен жылғы жетістіктерге тоқталды.

– Мен ашығын айтамын, бұған дейін «Жетісу» футбол клубы қарыздан көз ашпаған еді. Футболшылар мен клуб қызметкерлеріне міндетті қаражаттары төленбей, соның салдарынан Премьер-лига сапынан да түсіп қалдық. Осы мәселе мені қатты толғандырды. Футбол ең қызықты ойынның бірі және оған қызығушылардың қатары, нақтырақ айтқанда, жанкүйерлері көп. Жанкүйер көп дегеніміз, халықтың арасында үлкен қолдауға ие деген сөз. Міне, команда жергілікті жанкүйерлерді қуанта алмай, ел чемпионатынан түсіп қалды. Үнемі халықтың арасында болған кезде жанкүйерлердің қоятын сауалы «Жетісу» командасының жай-күйі болды. Осыны қолға алуды маған үнемі айтып келді. Жанкүйерлердің көтерген мәселесі өте маңызды, олар өз қаласының патриоттары. Менің де жүрегімді ауыртатын осы мәселе. Бүгінде олқылықтардың орнын толтырып, клубтың барлық қарызын өтеп, жаңа парақ ашып отырмыз. Білікті бапкерді шақыртып, жаңа үздік ойыншыларды командаға тартуды тапсырдым. Сонымен қатар, жергілікті футболшыларды команда сапына алып, артынан із басатын жергілікті талантты аяқдоп шеберлерін де дайындауды жүктедім. Керекті қаражатын беріп, жаңа команда оқу-жаттығу жиынын кедергісіз өткізуге қолайлы жағдай жасадық. Енді осы жауапкершілікті сезініп, команда жанкүйерлердің сенімін ақтауы керек, – деді өңір басшысы.

Мұнан кейін команда бапкері Дмитрий Огай сөз алып, жаңа ойыншыларды таныстырып өтті. Команда сапы 99 пайызға өзгергенін жеткізіп, жергілікті футболшылардың да назардан тыс қалмағанын тілге тиек етті. «Әрине, бірінші ойында аз ғана ұпаймен жеңіліс таптық. Алғашқы кездесу, мұнымен ештеңе шешілмейді. Алдағы уақытта жақсы ойын көрсетеміз», – деп атап өтті ол. Мұнан кейін команда капитаны Серік Сағындықов сөз алып, Амандық Ғаббасұлына алғысын білдірді. Команданың ойын өткізуіне барлық жағдайды жасап, сенім артқанына ризашылығын білдіріп, команда мүшелерінің атынан Амандық Баталовқа есімі жазылған №7 футбол жейдесі мен доп сыйға тартты.

Жиын соңында сырттан келген ойыншылар Талдықорған қаласы жайлы өз әсерлерімен бөлісті. Литва, Грузия елінің өкілдері Талдықорған қаласы жақсы әсер қалдырғандығын айтып, өз ойларын айтты. Команда ойыншыларынан кейін Жақсылық Мұқашұлы мен Тұратбек Төлеубекұлы Жетісу командасының бапкері мен футболшыларына алдағы ойындарда жеңіске жетіп, жүлделі орындардан көрінуіне сәттілік тіледі.

Кездесудің соңында облыс әкімі Амандық Баталов командаға және команданың бас жаттықтырушысы Дмитрий Огайға нақты тапсырма жүктеп, биылғы маусымда нәтижелі орыннан көрінуді тапсырды. Мұнан кейін «Жетісу» футбол командасы өңір басшысымен естелік суретке түсті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Ақсу қант зауытында бірінші кезеңді жаңғырту жұмысы жалғасуда. Межелі жұмыс аяқталғанда 140 мың тонна тәтті түбір өңдеуге мүмкіндік тумақ. Кәсіпорынның жұмыс барысымен танысуға барған облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіровке бұл мәселе жайында зауыт директоры Мұрат Төлегенов баяндады.

Қозыбай ҚҰРМАН,
"Жетісу"

Зауытта осы уақытқа дейін 70 мың тоннаға жуық өнім өңделіп, 4 мың тонна қант алынды. Оның осы уақытқа дейін көп мөлшері сатылып кеткен. Балтамыр жұмыстары аяқтала салысымен жаңғырту жұмыстарына білек сыбана кіріскен ұжым қазірде технологиялық құрал-жабдықтарды жаңалап жатыр.

Атап айтқанда, алдағы уақытта мұнда жаңа центрифугалар, вакуумдық аппараттар, фильтрлер және басқа да қажетті жабдықтар қойылмақ. Сонымен қатар, өндіріс ошағында жомды сығып, қаптайтын технологиялық желінің орнатылып, іске қосылуы да осы жылдың басты жаңалығы болады деп межеленген. Себебі, бұрын жом төрт айдан артық сақталмайтын болса, аталған технологиялық желі орнатылғаннан кейін бұл пайдалы мал азығы бір жылға дейін сақталады. Жалпы үш жылға белгіленген жаңғырту жұмысына 12 млрд. теңге инвестиция бағытталмақ.

Бұл ретте зауыт басшысы Елбасының биылғы Жолдауында атап көрсетілген цифрлық технологияны енгізу жөніндегі тапсырмасына да тоқталды. Аталған бастаманың бұл өндіріс ошағында да біртіндеп жүзеге асатынын тілге тиек етті. Ол үшін кәсіпорынға өндірісті басқарудың автоматты жүйесі енгізілмек. Өз кезегінде бұл зауыттың барлық жұмысы туралы ақпараттарды компьютер экранына жолдап отыруға, адами факторды болдырмауға мүмкіндік жасайды. Адами фактор демекші, қазір зауытта 200-ге жуық адам еңбек етеді. Көктемгі-жазғы маусымды айтпағанның өзінде бұл көрсеткіш қызылша қабылдап, өңдеу науқанында бірнеше есеге дейін өседі.

Кездесу барысында өндіріс басшылары жаңғырту жұмыстары ойдағыдай аяқталған жағдайда кәсіпорын қуаттылығының да еселеп артатынын жеткізді. Осы орайда Серікжан Ісламұлы облыстың қант қызылшасын өсіруді бұдан әрі дамыту жоспарларын айта келе, өңірдің көктемгі егіске дайын екенін атап өтті.

– Қант қызылшасының шетелдік тұқымдары сатып алынып, олар қазір сараптамадан өткізілуде. 1 сәуірден бастап бұл тұқымдар шаруаларға беріле бастайды. Сол сияқты биыл солярка жеңілдікпен беріледі. Оған облыс бойынша 6 оператор белгіленіп, жұмыс істейді. Барлық ауылшаруашылығы техникалары дайын. Биыл өңірде қант қызылшасының алқабын 12 мың гектарға жеткізуді жоспарлап отырмыз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Бұдан соң аталған зауыттың алдағы уақытта атқарар жұмысына тоқталған ол биылғы өңдеу маусымында да қант қызылшасының уақытылы қабылданатынын, жаңғырту жұмыстары аяқталған соң қазан айында өңдеу ісіне кірісетінін жеткізді.

Ақсу ауданы



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҚЫЗЫР ҚОНҒАН ҚҰТ МЕКЕН



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида БАЛАЕВА Қарасай, Жамбыл аудандарына барып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ашылған жаңа музейлердің жұмысымен танысты. Мәртебелі мейманды облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР, Қарасай ауданының әкімі Махаббат БИГЕЛДИЕВ, Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек ДАЛАБАЕВ және облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ақан ӘБДУӘЛИЕВ қарсы алып, атқарылған жұмыстардың нәтижесімен таныстырды.

Жерлестерімен ЖҮЗДЕСТІ

Алдымен былтыр қыркүйекте демеушілердің қолдауымен Райымбек ауылдық округінде бой көтерген «Батыр бабалар» мемориалды кешенін барған астаналық қонақты мұражай қызметкерлері қазақ халқының сан ғасырлық тарихын баяндайтын экспонаттармен таныстырды. Тұмар ханым мен Кир патшаның соғысын, жердің азаттығы мен елдің еркіндігі жолында Аңырақайда жоңғарлармен шайқасқа шыққан батыр бабалардың ерлігін бейнелейтін ұзындығы 15, ені 3 метр болатын панорамалық туындының авторы – суретші Сергей Пожарский. Мамандардың айтуына қарағанда, екі панораманың жалпы көлемі 45 шаршы метр.

Қазақ халқының үш мың жылдық тарихы, атап айтқанда, Сақ дәуірінен «Алаш» қозғалысына дейінгі кезеңді қамтитын экспонаттар үш тақырыпқа шоғырландырылыпты. Ондағы қазақ мемлекетінің құрылып, нығаюына үлес қосқан тоғыз хан, үш би және 19 батырдың бейнесімен және өмірбаянымен танысқан Аида Ғалымқызы «Батыр бабалар» мемориалының жас ұрпақты ұлтжандылық рухта тәрбиелеуге септігін тигізетінін атап өтті.

Одан кейін Шамалған ауылдық округінде былтыр желтоқсанда салтанатты түрде ашылған «Атамекен» тарихи-мәдени орталығына ат басын тіреген мәртебелі мейман еліміздің Тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі мен қызметіне, тәуелсіз Қазақстанның даму жолына арналған орталықтың жұмысымен танысты. Бірінші залда Президенттің балалық, жастық шағы, алғашқы еңбек жолы, баспанасы мен мектеп үйінің макеттері көрініс тапқан. Одан кейінгі бөлмелерде тәуелсіз қазақ мемлекетінің тарихы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, сыртқы саясаттағы жеңістері баяндалады. «Атамекен» орталығының көрнекті жерінде Президенттің жұмыс үстелі, Елбасының Қарасай ауданының Құрметті азаматы екенін айғақтайтын құжаттар қойылған. Орталық аумағындағы демалыс саябағына Президент мінген үкіметтік автокөлік қойылыпты.

Музей жұмысымен танысқан соң Аида Ғалымқызы лебіз-тілектер кітабына қолтаңба қалдырып, тілшілерге сұхбат беріп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай елімізде ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын, жас ұрпақ тәрбиесіне осындай музей мен орталықтың тигізер ықпалы зор екенін әңгімеледі.

***

Жамбыл аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида Балаеваның «Қызыр қонған құт мекен» атты кітабының тұсаукесері өтті. Балаларға арналған танымдық кітап Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Туған жер» жобасы аясында жарық көрген.

Салтанатты шараны ашып, жүргізіп отырған облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар кітап авторының тұсаукесерді кіндік қаны тамған киелі мекенде өткізуді жөн санағанын атап өтті. Одан соң сөз кезегін алған аудан әкімі Жандарбек Далабаев тұсаукесердің үлкен рухани-танымдық мәні бар екеніне тоқталып, ақындар мен батырлар елі атанған қасиетті аймақ жұртшылығы да Рухани жаңғыру аясындағы игі шаралардан қалыс қалмай, біраз істің тиянақталғанын, ауданның құрылғанына 90, ал Жамбыл есімімен аталғанына 80 жыл толғанын, соған орай ақынға еңселі ескерткіш тұрғызылатынын әңгімеге өзек қылды.

Жиынға қатысқан көпшілікке жүрекжарды лебізін білдірген Аида Балаева кітаптың қолға алынуына түрған топыраққа деген перзенттік махаббатының түрткі болғанын айтты. Өлкенің өткен-кеткенін зерделеп, көңіл тебіренісін ақ қағазға түсіруі алдағы үлкен еңбектің бастамасы деп білетінін, кітаптың балаларға арналуы олардың ұлттық құндылықтарды бойға сіңіріп өссе деген ізгі ниеттен туындағанын, бұл еңбек туған жерге деген оқырман сүйіспеншілігін оятуға үлес қосса, мақсатының орындалғаны деп есептейтінін жеткізді.

Қызыр қонған киелі мекеннің шежіресінен сыр шертетін кітап туралы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Уәлихан Қалижан, Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының профессоры, жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Кенжехан Матыжанов, қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Майра Амантаева, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, кітап сапасының артуына өз үлесін қосқан аудандық «Атамекен» газетінің директор – бас редакторы Рәтбек Сәдуақасұлы пікір білдіріп, жоғары баға берді. Отаншылдыққа, патриотизмге үндеу мақсатындағы көлемді кітап балалардың талғамына сай, тілі жеңіл, безендірілуі көркем, бояуы қанық, қарпі көзге тартымды, фотосуретке бай, сапалы басылған. Онда киелі жерлер, тарихи орындар, осы өңірден шыққан ұлт тұлғалары, жер-су аттарының шығу төркіні, ең аяғы шежіре, аңыз-әңгімелерге дейін орын берілген. Ауданның өткенімен қатар бүгінінен де мол мағлұмат қамтылып, әрбір ауылдық аймақ пен елді мекенге жекежеке тоқталған. Шарада ақын Надежда Лушникова қаламгер сіңлісіне арнап өлең оқыды.

Сахна төрінде жасалған тұсаукесер рәсімінде Аида Балаева жинақтың алғашқы данасын тарих пәнінен сабақ берген сүйікті ұстазы Нұршағұл Абаеваға тапсырды. Келген жұртшылыққа да кітабын сыйлады. Кеш соңында аудандық «Сүйінбай сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің әртістері ән-жырдан шашу шашты.

Жерлестерімен еменжарқын жүздескен Аида Ғалымқызы туған ауылы Жамбылға барып, мұражайдағы ақын кесенесі мен Нұрғиса Тілендиев ескерткішіне гүл шоғын қойды. Одан соң өзі білім алған Жамбыл орта мектебіне кірген автор ұстаздар мен оқушыларға кітабын таратып, интерактивті тақта сыйлады.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ

Жетісу
1918–2018
№31 (18451), 17 наурыз, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

БОЛАШАҚ БАҒДАРЫ

ЕЛІМІЗ ҚИЫН-ҚЫСТАУ КЕЗЕҢДЕРДІ ЕҢСЕРІП, ӨСІП, КЕМЕЛДЕНДІ. ЕЛБАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН 2018 ЖЫЛҒЫ КЕЗЕКТІ ЖОЛДАУЫ ИГІ ДӘСТҮРІНЕН, САРА ЖОЛЫНАН ТАНБАЙ, БИІК МАҚСАТ-МҮДДЕСІНЕН КӨРІНДІ.



Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауы — еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, барлық салаға жаңаша серпін беретін, халқымыздың игілігін, кемел келешегін көздейтін шынайылығымен маңызды құжат, жарқын болашақтың басты бағдары. Ұлт көшбасшысы Ұлы Дала елінің дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылуы үшін аса қажетті 10 негізгі міндетті нақтылап берді. Ақпараттар ағыны күн сайын толассыз өзгеріп, көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан кезде жарияланған Жолдау заманға сай тарихи өрлеу дәуіріне бастайтын, барша отандастарымызды ортақ мақсат жолына жұмылдыратын, нақты іс-әрекетпен өсуге жетелейтін, біртұтас ұлт болу жолындағы қадамдарымызды айқындағанымен құнды. Елбасының әлемнің даму жолдарын ескере отырып, рухани жаңғыруға, саналы да сапалы білімге, халықтың денсаулығын нығайтуға баса назар аударғандығы — туған елінің қадір-қасиетін, ақыл-парасатын бойына жинаған ұлттық рухын көрсетеді.

Нұрсұлтан Әбішұлының басты елдік мұраттармен қатар өңірлердің тұрмыс-тіршілігіне де арнайы тоқталып, шынайы көңіл бөлгені ерекше қуантты. Бұл біздің жұмысымызға тың серпін беріп, айрықша жауапкершіліктер жүктейді. Жер жаннаты атанған облыс орталығы Талдықорған қаласы жылдан-жылға жаңа нысандар мен сәулетті сарайлармен толығуда. Солардың ішіндегі айта кетерлігі — өткен жылдың соңында қалада бірден 3 жаңа ғимараттың пайдалануға берілуі. Салтанат сарайы, Көрме кешені, Рухани жаңғыру орталығы сәнді заманауи үлгідегі архитектуралық шешімімен көз қуантады. Елбасының өз Жолдауында «Қазақстандықтар бір тұтас ұлтқа айналды» деп, ерекше атап өтуі барша Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерін ризашылық сезімге бөлеп, жалынды жігер берді. Алғашқылардың бірі болып Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастырумен 2018 жылдың 12 қаңтары күні Талдықорған қаласындағы Рухани жаңғыру орталығында Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын талқылау бойынша бірыңғай республикалық күні аясында «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Белсене қатысқан Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері, этномәдени бірлестіктер, Қоғамдық келісім, Аналар кеңестерінің төрағалары, ғылыми-сарапшылық топ мүшелері, облыстық, республикалық БАҚ өкілдері Жолдаудың бүгінгі заман талабына сай екендігін атап өтіп, жан-жақты насихаттауға жұмыла кірісетіндігін мәлімдеді. 105 этнос өкілдерінің басын қосқан Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы құрамындағы 71 этномәдени бірлестік пен 627 Қоғамдық келісім кеңестері өздеріне жүктелген тұрақтандырушы, топтастырушы міндетін ойдағыдай атқарып, бекітілген шаралар кешенін табысты жүзеге асырып келеді.

Еліміз әлемге татулықтың туын биік ұстаған, берекесімен беделі артқан, тұрақтылығымен талай белесті бағындырған бейбітшіліктің бесігі ретінде танылды. Жетісулықтар Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындаған міндеттерді жүзеге асыруға кірісіп те кетті. Ұлт болып ұйысып, халық болып қайрат танытып қолға алған жарқын істеріміз толайым табыстарға толы болғай.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,
облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі

Жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді. Мемлекет бизнеспен бірлесіп, отандық өнімді халықаралық нарыққа шығарудың стратегиялық жолын тауып, ілгерілетуге тиіс. Бұл бүкіл әлемге танылатын «Қазақстанда жасалған» табиғи азық-түлік брендін қалыптастырып, ілгерілетуге мүмкіндік береді.

(Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан)

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

ЕРІНБЕГЕН – ЕТІКШІ



Ел арасында он саусағынан өнер тамған шебер көп. Олар, бір жағынан, жұртқа «Өнерлінің өрісі кең» болатынын ұғындырса, екіншіден, еңбекқорлығы арқылы жастарды кәсіптендіруге үлгі болып келеді. Сол қатарда Кеген ауылындағы шебер етікші Рахым Есімбаев *(суретте)* ақсақалды айтуға болады.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Жасы 80-ге жуықтаған ақсақал әлі де тың, қимылы ширақ. Қолынан балға-шотын тастамай, бала күнінен кәсіп еткен етікшілікпен айналысып келеді. Кеген ауылының орталық базарындағы шеберханасынан күні бойы адам аяғы үзілмейді. Бірі аяқкиімін жаматуға әкелсе, енді бірі тапсырыс береді. Рахым ақсақал тіккен етік сапалы, жанға жайлы болғандықтан сұраныс та көп. Оның шеберлігіне тәнті болған көршілес ауылдардың тұрғындары да аяққиім шеберханасына жиі бас сұрады.

Рахым ақсақалдың етікшілік кәсіпке деген қызығушылығы бала жасынан бастау алды. Кеңес кезінде халықтың тұрмыс қажетін өтейтін комбинатта еңбек ете жүріп, шебер ұстаздардан мамандықтың қыры мен сырын жетік меңгерді. Оның кәсіпке деген ынта-ықыласын білген ұстаздары білетіндерін үйретуден жалықпады. Қазір сол еңбегінің зейнетін көріп, кәсібінен нәсіп тауып жүр. Сонымен қатар, жастарға өз шеберлігін үйретіп, кәсіптенуге дем беруде.

Кеген ауылы,
Райымбек ауданы

КООПЕРАТИВ – АУЫЛ КЕЛЕШЕГІ

Жуырда облыстық кәсіпкерлер палатасы Алакөл аудандық филиалының кеңесші-менеджерлері Арай Кекбаева мен Қайрат Күреңбаев Лепсі ауылдық округіндегі шаруа қожалықтарын аралап, жағдайымен танысты.

Түсіндіру жұмысын жүргізді

Кездесу аясында ауылшаруашылығы кооперативтерін басқару негіздері мен артықшылықтары төңірегінде әңгіме қозғап, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы туралы түсіндіру жұмысын жүргізді.


Бүгінде аудан аумағында «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның қаржылай қолдауында 8 ауылшаруашылығы кооперативі құрылып, нәтижелі жұмыс жүргізуде. Айталық, ет-сүт бағыты бойынша Үшарал қаласында «Қабанбай-Агро», Ақтүбек ауылында «Beskol-agro», Қабанбай ауылында «Орден», Ақжар ауылында «Ақжар-сүт», Екпінді ауылдық округінде «Көркен» кооперативтері құрылып, өңір шаруашылықтарына үлгі болуда.

Лепсіде өткен кездесуде алдымен осы кооперативтердің жетістігі сараланып, тәжірибесі таныстырылды.

Палата мамандары осы арқылы ауылдағы егін және малмен айналысатын шаруаларға кооператив құрудың маңыздылығын жеткізіп, мемлекеттік бағдарламалардан игіліктенуге көмек көрсетпек.

Мұхтар АДИКОВ,
облыстық кәсіпкерлер палатасы Алакөл аудандық филиалының директоры

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІНДЕ ТҰРҒЫНДАР ТАРАПЫНАН АЙТЫЛҒАН ҰСЫНЫСТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ



БӘРЕКЕЛДІ!



Шежін, Сүптай, Нәдек, Алтыүй ауылдарының шаруа қожалықтары Шежін өзенінен өздеріне су әкелетін, бастапқы құрылысы 1976 жылы жасалған «Киров» арнасының әбден тозығы жетіп, мүмкіндігінің кемуіне байланысты мыңдаған гектар алқапқа егін еге алмай келеді.

Осыған дейін де өңірдің іскер азаматтары жұмылып, нақтырақ айтқанда, 2016 жылы темір-бетоннан салынған су жолының ойылып кеткен табанын бүтіндеуге 30 тонна цемент, 32 текше метр дайын цемент қоспасын, 20 шағыл тасымалдайтын жүк көлігін, сонымен бірге, көп мөлшердегі жанармай бергені есімізде. Сол кезде жұмыстың жүйелі, жылдам атқарылуына «ҚазСуШар» РМК Панфилов аудандық бөлімшесінің басшысы Тоқтарбай Керімқұлов та елеулі көмек көрсеткен болатын. Жергілікті жеке шаруа қожалықтарымен тізе қоса арнаны жөндеу жұмыстарын қолға алған шаруашылық еңбеккерлері сол жылы арнаның 15 шақырым аралықтағы тесілген, опырыла ойылған табанын жамап, су жолы бойындағы қалың өскен шырғанақты шауып, бақылау жолын жасап, үлкен іс тындырған еді.

Алайда, сай табанынан қырға үлкен жылдамдықпен ағып шығатын арынды тау суы ескіні жамап, есі кеткен елдің еңбегін бір жылда еш етіп, бүтінделген жерді қайта бүлдірді. Өзеннің өр жағындағы су тоспасын құм мен тасқа толтырып, бөгеттің ернеуі сөгіле бастады.

Міне, осы қиындықтарды естіген облыс әкімі Амандық Баталов Бірлік, Жаскент ауылдық округтеріндегі егіншілерге қолдау көрсету мақсатында жақында «Киров» арнасының көмейіндегі су тоспасын және арнаның қырға шығатын маңызды бағытындағы 5 шақырымын күрделі жөндеуден өткізуге бюджеттен 169 миллион теңге қаржы бөлді. Осы жақсы хабарды естіген егіншілердің қуанышында шек жоқ десе де болғандай.

– Ауыл тұрғындарының негізгі тіршілігі егіншілік өніміне байлаулы, – дейді «Киров» арнасы бойындағы су бақылаушы Ердәулет Қосанбаев. – Жылда жырылған жерінен жан-жаққа қашып, егін алқабына әлсіреп жететін тау суын барлық егіншіге жеткізе алмай есіміз кететін. Су тапшылығының салдарынан көптеген шаруа қожалықтарының еккен егіні өнім бермей құрап, дақанның шығарған шығыны ақталмай өкінішке ұрындырушы еді. Арнаны жөндеуге қаржы бөлінді дегенді естіп, егіншілер қуанда. Амандық Ғаббасұлына алғысымыз шексіз.

Жүгері өсірумен шұғылданатын Жаркент өңірі егіншілерінің көктемгі егіс жұмыстарына қолбайлау болар жайт көп. Әсіресе, жерін алдымен ылғалдандырып, одан соң ғана жыртып, дән себетін дақандарға егін суаратын судың тапшылығы көктемде аяққа тұсау, кедергі болып келген.

«Киров» арнасынан Бірлік ауылдық округіне қарасты Шежін, Нәдек, Алтыүй ауылдарында және Жаскент округіне қарасты Сүптай ауылында тұратын 150-ден астам шаруа қожалығы 2400 гектар егістікке су алады. Жылда өз күштерімен арнаға шамасы жеткенше ағымдағы жөндеу жұмыстарын жасайтын қожалықтар қолдарын ұзартқан облыс әкімінің көмегіне дән риза.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

АКТИВ ЖИНАЛЫСЫ

АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР САРАЛАНДЫ

Текелі моноқаласында Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуіндегі ауқымды міндеттерді саралауға арналған қалалық актив жиналысы өтті.



«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар САРЫБАЕВ, қаладағы мекеме, кәсіпорын басшылары, облыстың және Текелі қаласының Құрметті азаматтары, ардагерлер, қалалық мәслихат депутаттары, саяси партиялардың, этномәдени орталықтардың, үкіметтік емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан алқалы жиында Текелі қаласының әкімі Бахтияр ӨНЕРБАЕВ Үндеудегі негізгі міндеттерді жергілікті атқарушы органдардың орындауы туралы баяндама жасап, заман талабынан туындап отырған өзекті мәселелерді түсіндіріп өтті.

Әрбір отбасыға баспана алудың жаңа мүмкіндігін беру бастамасы бойынша халыққа тұрғын үйдің қолжетімді болуы жолында қолға алынатын қадамдарға тоқталған қала әкімі «Нұрлы Жер» бағдарламасы аясында Текеліде бой көтерген жалдамалы 80 пәтерлі үйдің кілті кезекте тұрған аз қамтылған отбасыларға Наурыз мейрамында тапсырылатынын жеткізді. Сондай-ақ, жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие беруді көбейту, елді табиғи газбен қамтамасыз етуді жалғастыру бастамаларының жай-күйін таратып айтқан қала әкімі тиісті мекеме басшыларына әр бағыт бойынша тапсырмалар жүктеді.

Одан кейін «Нұр Отан» партиясының Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев Елбасының барлық Жолдаулары, айқын бағдарламалары мен бастамалары адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мен Қазақстанды бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосуды көздейтінін атап өтіп, Президенттің бес әлеуметтік бастамасының дер кезінде көтерілгеніне, қажеттілікке жауап беретіндігіне, көпдеңгейлі және нақтылы екендігіне тоқталды. Ол жаңа технологияларды, ғылыми жаңалықтарды оңтайлы пайдалану арқылы қарыштап дамыған елдердің өмір сүру салты туралы нақты мысалдар келтіріп, пилоттық жоба ретінде биыл Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Талдықорған қалаларының «ақылды қала» атануға қадам жасайтынын жеткізді.

Жиын барысында «Қазақстан Халық банкі» АҚ Текелі қалалық басқармасының директоры Рамиль Агапов, №8 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Любовь Федотова, Текелі кәсіптік колледжінің директоры Дәуболат Нүсіпов, Кәсіпкерлер палатасы Текелі қалалық филиалының директоры Тұрысбек Жұмаділов және «Текелі сүт зауыты» ЖШС директоры Геннадий Савинов сөз алып, өз салаларындағы әлеуметтік жаңғырулар туралы ой өрбітті.

Торғын ТҰРЛЫБАЕВА

ӨРЛЕУ

ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ



«Даму» қорының облыстық филиалы өткен жылды табысты аяқтады. Олардың берген мәліметіне жүгінсек, былтыр субсидиялау бойынша 10,8 миллиард теңгеге жетпістен аса келісімшартқа қол қойылып, жалпы республикалық бюджет және Ұлттық қордың нысаналы трансферттері есебінен 2,3 миллиард теңге субсидия төленіпті.

СУБСИДИЯЛАУ құралы бойынша екінші деңгейлі банктер арасында «Халық Банк» АҚ, «ForteBank» АҚ және «Ресей Сбербанк» ЕБ АҚ ерекше белсенділік танытқан. Өнеркәсіп, сауда, өндіріс және ауылшаруашылығы саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлерге ең көп қолдау көрсетілген.

БАНКТЕР арқылы жеңілдікпен несие беру жұмыстары да сәтті жүргізілген. Мәселен, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында өткен жылдың қыркүйегінде шағын несиелеу бойынша белсенді жұмыс басталған. Осы қысқа мерзімде жалпы сомасы 213,3 миллион теңгеге он сегіз жоба қаржыландырылып, бес жоба бойынша «Даму» қорымен 57,8 миллион теңгеге кепілдіктер бекітіліпті.

НЕСИЕЛЕРГЕ кепілдік беру тетігін туралы айтатын болсақ,

«Бизнестің жол картасы – 2020 бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы» шеңберінде аймақтық филиал алпыс төрт жобаны мақұлдап, кепілдік танытқан. Банктер берген несиелер «Даму» қорының кепілдігімен 2,2 миллиард теңгені құраған. Осы ретте екінші деңгейлі банктер арасында «Халық Банк» АҚ, «Ресей Сбербанк» ЕБ АҚ және «БанкЦентрКредит» АҚ белсенділік танытыпты.

«ДАМУ» қорының қаржылық емес қызметтері де ойдағыдай жүзеге асқан. Өткен он екі айда «Даму» қорының кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында жеті мың адамға қызмет көрсетіліп, олардың ішінде жүз он тоғыз жоба ККҚО кеңесшілерімен банктің мақұлдауына дейін жеткізілген. Бес жүзге жуық адам кәсіпкер ретінде тіркеліп, төрт жүз жаңа жұмыс орындарын құруда. Бизнес өкілдері «бір терезе» қағидатымен мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау, жеңілдікпен несиелеу, бизнес жүргізу, бизнес-жоспар әзірлеу және жүргізу, бухгалтерлік және салықтық есепке алу мәселелері бойынша көмек алған.

КОМПАНИЯЛАР басшылары Астана қаласындағы Назарбаев университетінде «Шағын және орта бизнестің топ-менеджменті оқыту» жобасы аясында өз біліктіліктерін арттырып, биыл отыз алты бизнес басшылары оқудан өткен. Он сегіз жасқа толған кез келген адамның өз бизнес-идеясы болса, «Дамуға» оқуға өтінім беруге болады. Өткен жылы «Жаңа бизнесті қолдау және ашу» жобасы шеңберінде ККҚО базасында бизнес негіздеріне тегін және өз бизнес-идеяларын іске асыру үшін жүзге жуық кәсіп бастаған азаматтар өздеріне қажет білім алып, оқытылған. Ал «StartUp-Академия» жобасына отыз бір адам қатысып, алтауы қаржылай қолдауға ие болған.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ бизнесті қолдауға байланысты мемлекеттік бағдарламалар аясында ККҚО кеңесшілері құжат жинауға, өтініш беруге, жобаларды сүйемелдеуге банк шешімін алғанға дейін көмек көрсетеді.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 35 (18455)

Сенбі, 31 наурыз, 2018 жыл.

МӘСЛИХАТ

ДЕПУТАТТАР САЙЛАНДЫ

2018 жылдың 23 қаңтарында аудандық және қалалық мәслихаттардың 290 депутатынан алтауы шығып қалды *(Қаратал – 3, Жамбыл – 2, Текелі – 1)*. Оның ішінде, қайтыс болуына байланысты – 3, әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс шығу бойынша – 1, мемлекеттік қызметке ауысумен – 1, өз өтінішімен – 1.

Күнтізбелік жоспарға сәйкес дайындық жұмысы жүргізілді. Сайлауға 28 сайлау комиссиясы тартылды.

Мәслихат депутаттығына үміткер ретінде **19 адам ұсынылды, тіркелгені – 18**, оның ішінде, «Нұр Отан» партиясынан – 6 немесе 33,3 пайыз, партия қатарында тұрмайтындардан өзін-өзі ұсынғандар – 12 немесе 66,7 пайыз.

18 учаске бойынша жалпы саны 15827 адамды құрайтын сайлаушылар тізімі акт бойынша тиісті сайлау комиссияларына берілді.

Сайлау процесін бақылаған «Нұр Отан» партиясының өкілдері – 8 адам, үміткерлердің сенімді тұлғалары – 30, жергілікті БАҚ – 4, барлығы **42 бақылаушы**.

Ағымдағы жылдың 25 наурызында өткен сайлауға дауыс беруге 14429 адам қатысты, дауыс беруге келу 91,2 пайызды құрады (Жамбыл ауданы – *91,8%, Қаратал – 91,2%, Текелі қаласы – 88%*).

Сайланған 6 депутаттың жоғары білімі бар, ұлты – қазақ, «Нұр Отан» партиясының мүшелері. Оның ішінде екеуі әйелдер. Қызмет саласы бойынша, шаруашылық субъектілерінің басшылары – 3, кәсіпкерлік субъектілері – 1, мемлекеттік мекемелер – 1, қоғамдық құралымдар – 1. Жастары бойынша, 30 – 40 жас аралығында – 3 депутат, 30 жасқа дейін –1 адам, 40 – 50 жас аралығында – 1адам, 50 жастан 60 жасқа дейін –1.

ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Жас Отан

ЖАҢА ӘЛЕМНІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



Жастар ел ертеңі ғана емес, сонымен бірге Елбасы айқындаған мемлекеттік мақсаттарды жұмыла жүзеге асыратын ең сенімді буын. Төртінші өнеркәсіптік революцияға қадам басқан қазіргідей заманда Қазақстан жастары спортпен, өнермен шұғылдануды әдетке айналдырып, бірнеше тілді еркін меңгеруі тиіс. Жаһандық бәсеке алаңында мұның өзі аздық етеді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ Астана төрінде екі күнге жалғасқан «Жас Отан» жастар қанатының «Жаңа әлемге жол саламыз» атты IV съезіне арнаған құттықтау хатында тәуелсіз елдің ұрпағын жаһандық және отандық әдеби мұралармен терең танысып, шетелдегі кәсіби мамандармен иық тірестіре қызмет атқаруға шақырды.

Қуаныш ТҰНҒАТАР,
“Жетісу”

Гала-форум еліміздің әр аймағынан келген 1500 алғыр жастың басын қосты. Елбасының форумға арнаған жүрекжарды лебізін ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдікалықова оқып берді. Айтулы шараға ҚР Президенті Әкімшілігі мен ҚР Үкіметінің өкілдері, Парламент депутаттары мен қоғам қайраткерлері қатысты. Елбасы хатында «Жас Отанның» ел болашағы үшін атқарып келе жатқан қызметіне жоғары баға беріліп, стратегиялық жоспарларды жүзеге асыруда бірден-бір беделді ұйым екені айтылған. «Мен осынау еңбектің жеңісі мен қамқорлықтың жылуын жастарымыз жақсы білетініне кәміл сенемін. Қазір бүкіл әлем ауқымды өзгерістерді бастан кешіруде. Төрткүл дүние Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басты. Біз ұзақмерзімді мақсаттарымызға қол жеткізу үшін осындай қарқынды өзгерістерді де өз пайдамызға қарай сәтті жүзеге асыруымыз керек», – делінген хатта.

Мемлекет басшысының құттықтау хаты мыңдаған жасқа жігер сыйлады. Президент өз хатында ата-бабамызға арман болған тәуелсіздікті тұғырлы етіп, аға буынның жеңісті жолын жалғастыру жастарға артылған зор сенім екенін баяндап өткен. Сондай-ақ, Елбасы жастардың тың бастамаларын әрқашан қолдап, жарқын идеяларына қуанып отыратынын жеткізген. Қазақстанның баянды болашағы үшін жастар саясатын жаңғырту жұмыстары бұдан кейін де жүргізілмек. Осы міндеттердің мүлтіксіз орындалуы турасында «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы Данияр Сүндетбаев егжей-тегжейлі әңгімеледі. Оның айтуынша, «Жас Отан» – мыңдаған жастың саяси мектебі. Жастар ұйымы бүгінде облыс, қала, аудандарды ғана емес, шалғайдағы ауылдарды да толық қамтыған. Мұнда жастардың жоғары білім алуы, әлеуметтік қамсыздандырылуы, өзі армандағандай болашағын қалыптастыруы үшін барлық жол көрсетіледі, кеңестер беріледі, мәселелер шешімін табады.

Мемлекеттің қамқорлығын сезініп, айқын мақсат жолында адал еңбек етіп жүрген түрлі саланың жастары съезде алма-кезек сөз сөйлеп, ішкі тебіреністерін жеткізді. Атап айтқанда, Назарбаев университетінің ассистенті Әсия Ермұхамбетова, «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының бөлім басшысы Айбар Қасеналин, № 3 Қостанай қалалық емханасының дәрігері Эльвира Асадова, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ жұмысшысы Елжас Қожахметов сынды жастардың жалынды сөздері жиналғандар тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Аға буынның есінде шығар, осыдан 18 жыл бұрын Елбасы «Қашаған» кен орнының алғашқы мұнайын жасқа толмаған нәрестенің маңдайына жағып, ізгі тілегін білдірген еді. Сол кездегі сәби – бүгінде кәмелеттік жасқа жеткен Берік Уап та съезге қатысып, замандастары алдында ақтарыла сөйледі. «Мен өз арманымның кілті терең білімде екенін түсіндім. Сол себепті, 2010 жылы Атырау қаласындағы дарынды балаларға арналған мектеп-лицейін үздік бітіріп, қиялыма қанат бітіп, Ұлыбритания еліндегі Манчестер университетінің оқу грантына ие болдым. Одан кейінгі жылдары білімімді одан әрі жетілдіру мақсатында Ұлыбританияның Heriot-Watt университетінде оқып, мұнай-газ магистрі атандым», – деген жас мұнайшы бүгінде Елбасы ашқан «Қашаған» кен орнында жұмыс істейді.

Биылғы съездің жөні бөлек. Соңғы технология жетістіктерін қолданған жиын тұңғыш рет «VR» форматында көрсетілді. Яғни, кез келген ғаламтор пайдаланушы адам гала-форумды 360 градуста тамашалады. Тікелей форумға қатыспаса да, смартфон құрылғысы арқылы съезд делегаттарымен бірге отырғандай әсер қалдыратын бұл технология – цифрландырудың кезекті жемісі. Съезде екі аяғынан айырылса да, он екі мүшесі сау замандастарымен қоян-қолтық еңбек етіп жүрген Серік Есматов, «Эйр Астана» компаниясына тиесілі жолаушылар ұшағын басқаратын егіздер Олег пен Жан Жақыповтар сөз сөйлеп, жастардың жігерін жандырды. Жиында дарынымен қатарынан оза шапқан түрлі сала мамандары өз ұсыныстарын айтып, жаңа жобаларымен таныстырды. Алдағы уақытта ұсыныстар жинақталған құжат бойынша Жол картасы әзірленбек.

Дәстүрлі басқосуды «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев қорытындылап, келешектегі міндеттерді саралап өтті. Съезд соңынан жастар әр қазақ жатқа білетін «Атамекен» әнін шырқап, асқақ рухпен тарқасты.

ИНВЕСТИЦИЯ

КАРТОП ӨҢДЕЙТІН КӘСІПОРЫН САЛЫНАДЫ

Өлкеміз картоп, жүгері, қант қызылшасын өсіруде басқа облыстарға қарағанда көш бастап тұр. Алайда, осы дақыл түрлерін өңдеу ісі кенжелеп келеді. Кейінгі жылдары қант қызылшасын игілікке асыруда жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Міне, енді картоп өнімдерін өңдеу ісі қарқын алатын болды. Бұл туралы облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ «Farm Frits Kazakhstan» ЖШС өкілдерімен кездесуінде сөз болып, бірлескен жобаны жүзеге асыру мәселелері талқыланды.



Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Кездесу барысында облыс Үкімінің орынбасары Жеңіс Тұяқов жобаның жүзеге асырылу барысы туралы баяндады.

Оның айтуынша, голландық компаниямен арадағы картоп өңдейтін зауыт құру туралы келісімдер 2016 жылдың тамыз айында басталыпты. Содан бері біраз шаруаның басы қайырылған. Бүгінгі күні Іле ауданындағы «Береке» индустриалды аумағында зауыт құрылысын салуға 25 гектар жер бөлініпті. Сондай-ақ, компания мен мемлекеттік органдар және қаржы институттары арасындағы бірлескен жұмыстар сәтті жалғасуда.

«Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, бірнеше жылдан бергі түрлі кездесу арқылы иіні қанған жобаның келешегі де кемелді болатыны анық. Бұл тұрғыда компания өкілі, жоба жетекшісі Йос дэн Боэр қазақстандық әріптестерінің іскерлігіне ризашылығын білдірді. Ол зауыт құрылысын жоспарлы жүргізу үшін қазақстандық «Евразия» компаниялар тобымен серіктес болып, бірлескен қызмет туралы келісімшартқа қол қойылғанын жеткізді.

Қос тараптың пікірін толық тыңдаған Амандық Ғаббасұлы картопты өндірістік деңгейде өсіру ауылшаруашылығының басым бағыттарының бірі екеніне тоқталды. Расында, бұл бағыттағы жұмыс облыста қарқынды түрде атқарыла бастады. Айталық, биыл Райымбек ауданында «Жетісу» ЦКК арқылы картоп шаруашылығын дамытудың сервистік-дайындау орталықтары құрылып, қажетті техника сатып алынған. Олар сәуірде гектарына 350 центнерден өнім беретін голландиялық сорттың 240 тонна сапалы тұқымын отырғызады. Сонымен қатар, Қапшағай қаласы картоп өсіруді дамытуда мол мүмкіндікке ие. Ал голландық компаниямен бірлесіп атқарылатын жоба жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға және диқандардың өнімін өткізуге тиімді көмек болатыны анық. Бірлескен жобаның осындай игілікті тұстарын атап өткен өңір басшысы:

– Облыста қант қызылшасы мен жүгері шаруашылығы жақсы дамып келеді. Мемлекет қолдауының арқасында ауылшаруашылығын дамытуға барлық жағдай жасалған. Бізде шаруалардың шикізаттарын қабылдап, дайын өнім шығаратын зауыттар бар. Сондықтан осындай ірі зауыт ашылатын болса, өңірдегі картоп өндірісін дамытуға ықпал етер еді, – деді.

Картоп өңдейтін зауыттың құрылысын салу жұмысы келесі жылдың сәуір айында басталады. Ал 2020 жылдың қазанында алғашқы өнімін жұртқа ұсынбақ. Айта кетерлігі, компания тек картоп өнімдерін өңдеумен ғана емес, дақылды өндірумен де айналысады.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

КІРПІШ ШЫҒАРАТЫН ЗАМАНАУИ ЗАУЫТ

Көпсалалы «BTK GROUP» компаниясы құрылысқа қажет заманауи кірпіштер – жылу блоктарын шығарумен айналысады. Күн санап ішкі нарықта зауыт өнімдеріне деген сұраныс көлемі арта түсуде. Кезекті іссапарда еуропалық технологиямен өндіріліп жатқан кірпіштердің құрылыс жұмыстарындағы артықшылықтарымен таныстық. Олардың қалай дайындалып жатқанын көзбен көріп, көңілге түйіп қайттық.

Болат МӘЖИТ,
“Жетісу”

Іле ауданына қарасты М.Түймебаев ауылында орналасқан зауыт аумағына кіргеннен-ақ жинақылықты аңғарасыз. Өндіріс цехы, зауыт әкімшілігі, оқу-өндірістік бөлімі, жұмысшыларға арналған жатақхана бір-біріне жалғасып, үйлесімді орналасқан. Бізді зауыт директоры, облыстық мәслихат депутаты Тоқан Ботабеков қарсы алып, таныстыруды ең алдымен оқу-өндірістік бөлімнен бастады.

Ғимаратқа енген кезде алдымен әдемі қалыпта қаланған кірпіштер көзге түсті. Сол арқылы үй керегелерінің сұлбасы бейнеленген. Кірпіш құрамына кіретін шикізаттар – құм, әк, гипс және алюминий пудрасына дейін осында. Тоқан Көкенұлы әңгімесін бүгінгі күн талабына сай атқарылып жатқан жұмыстан бастады.

– Қазір алдымен тұтынушыға қызмет жасау керек. Кірпішке қызығушылық танытқан адамды осы жерге әкеліп, істің жай-күйімен таныстырамыз. Бизнестің адал және ашық болғаны екі тарапқа да тиімді, – дейді Тоқан Ботабеков.

Сату бөлімінің қызметкерлері Айтбек Айтқали, Нұртас Айнабеков және Олжас Ботабековтердің айтуынша, жылу блоктарының пішіні әртүрлі. Тұтынушылар өздері таңдаған кірпішке тапсырыс береді. Бұл жердегі өнімнің басқа кірпішке қарағанда артықшылығы бар. Біріншіден, ол өте төзімді. Жерге тастасаң да оңайлықпен сынбайды. Суық өткізбейді. Кез келген ауыр жиһазды көтеруге қауқары жетеді. Сондай-ақ, бұл кірпішпен үй салған кезде бұрыш-бұрышына арматурадан колонна тоқудың керегі жоқ. Құмсылақты да қажет етпейді. Осында отырған мамандар тұтынушыға салатын үйінің көлеміне қарай неше кірпіш кететінін дәл есептеп береді. Яғни, артық шығынға жол жоқ.

Әрі қарай зертхана бөліміне бас сұқтық. Мұнда бізді лаборант Назгүл Манғышева күтіп тұрды. Зертханада кірпішке қажет шикізат құрамын және дайын өнімнің сапасын тексеретін заманауи құрал-жабдықтар орналасқан. Мұндағы әр қондырғының өзіне тән қызметі бар. Соның арқасында зауыттағы технологиялық үдерістер өз қалыбынан еш ауытқымай, сапалы кірпіш шығаруға мүмкіндік алады.

Одан кейін өндіріс цехын көрдік. Өндіріс орны болғандықтан мұнда жұмысшылардың қарбалас тіршілігі бар шығар деп ойладық. Бірақ ондағы жағдай біз күткендей болмады. Санаулы адам ғана жұмысты техника арқылы реттеп тұр. Бәрі автоматтандырылған. Яғни, кірпішке қажет шикізатты қалыпқа құю, кептіру және белгілі бір өлшемге сай етіп кесу жұмысын автомат қондырғылары атқарады. Жұмыс үдерістері компьютер арқылы басқарылады.

– Әрине, алғаш шетелдік техникалардың тілін табу оңай болған жоқ. Арнайы мамандардың көмегіне сүйендік. Бірте-бірте өзіміз де тәжірибе жинадық. Қазір жігіттеріміз жұмысты еркін меңгеретін дәрежеге жетті, – дейді зауыттың бас механигі Мұхтар Ханназаров.

(Соңы 2-бетте).

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ЖАСТАРҒА СЕНІМ АРТТЫ

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуі ең өзекті деген мәселелерді шешуге тың серпін бергені анық. Бұл орайда тарихи жазбаны елге түсіндіріп, жеткізу мақсатында халық қалаулылары елімен еменжарқын кездесіп, жаһандану жолына сай жасалған тың қадамды жұртшылыққа кең ауқымда әңгімелеп беруде. Аталған игі шараның заңды жалғасы ретінде Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаттары Асылбек СМАҒҰЛОВ пен Ольга ШИШИГИНАНЫҢ облысымызға арнайы келіп, халықпен жүздескенін атап өтуге болады.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ,
“Жетісу”

Халық қалаулылары алдымен Ескелді ауданы, Қаратал ауылындағы «Қаратал Каскад» су электр стансысына ат басын бұрды. Онда СЭС каскадының машина залы мен оператор залын аралап, стансылар мен олардағы гидроқұрылғылардың орналасу жағдайымен, қызметкерлердің жұмыс жағдайымен танысты. Айталық, каскад Қаратал өзеніндегі жалпы қуаты 12 МВт құрайтын 3 су электр стансысынан тұрса, мұнда жалпы саны 55 адамнан тұратын қызметкерлер еңбек етуде.



Мәжіліс депутаттары су электр стансысының қызметкерлерімен болған кездесуде Елбасының Үндеуі жайлы кеңінен баяндай келе әрбір адам өз қызметіне адал болу керектігін атап өтті. Сонымен қатар Президенттің салиқалы саясатының арқасында еліміз дамыған мемлекеттермен иық тіресіріп, әлем назарын өзіне қаратқанын ерекше толғап, бұл жолда әрбір қазақстандық еңбегімен танылу керектігін, Отанға ақ адал ісімен үлес қосу керектігін жеткізді. Сонымен қатар СЭС қызметкерлерінің талап-тілектерін тыңдап, олардың жұмысына табыс тіледі.

Одан кейін халық қалаулылары Ескелді ауданындағы Көксу ауылшаруашылық колледжінде студенттермен кездесті. Әсерлі отырыста сөз алған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Асылбек Айжарықұлы:

– Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық шежіресінде біз көп нәтижеге қол жеткізіп, өз қуатымыз бен білім-біліктілігімізді әлемге мойындаттық. Бүгінгідей жаһандану кезеңінде сана сергек, қадам нық болу үшін қоғамда орын алып жатқан жайттар мен өзгерістерден хабардар болу әрбір азамат үшін басты міндет. Сол үшін де сіздерді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуімен таныс деп білемін, – дей келе әрбір бастаманың маңыздылығына тоқталып, оларды ерекше атап өтті.

Өз кезегінде сөз алған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, жеңіл атлетикадан Сидней Олимпиадасының чемпионы Ольга Шишигина:

– Жастар – ұлт болашағы. Сондықтан сіздер рухани сауатты болуларыңыз керек. Елбасының бес бастамадан тұратын Үндеуінің бірі – білім жүйесіне қатысты. 54 мың грантқа 2018-2019 оқу жылында тағы да 20 мың грант бөліну деген сіздер үшін, талапкер буын үшін үлкен мүмкіндік, жасалынған жақсы жағдай. Сондықтан да ел мен Елбасы сенім артқан сіздер білімге ынталы болып, келешекте мемлекет үшін қызмет етер тұлға болып қалыптасуларыңыз керек, – деп Үндеуді түсіндіріп әрі жастарға сенім мен үміт арта сөзін аяқтады.

Ал өз кезегінде Мәжіліс депутаттарының арнайы келгеніне риза екенін жеткізген Көксу ауылшаруашылық колледжінің директоры Мәлік Қарасаев оқу орнының базасын, оның заманауи техникамен жабдықталғанын, жатақхана мен оқу ғимаратының күрделі жөндеуден өткенін жеткізе келе әлеуметтік мәселеге байланысты талап-тілектің жоқ екенін атап өтті.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№40 (18460)

Бейсенбі, 12 сәуір, 2018 жыл.



АЙДЫ ҰСТАП КӨРГІМ КЕЛЕДІ

Мұхтар КҮМІСБЕК,
"Жетісу"

– Өскенде кім боласың?
– Ғарышкер боламын.
– Неге ғарышкер болғың келеді?
– Айды ұстап көргім келеді.

Бұл – Жер ғаламшарының ең кішкентай тұрғындарының балауса тілегі. Әрі үлкендердің балаға қызыға қоятын сұрағы. Иә, сәби тілеуінің көбі кешенде өскен жемістей шикілеу болмай ма? Бірақ тұрқымен асқақ көрінеді. Тұқылдана бітіп, тұтамға айналатыны да бар. Кейде сол кіршіксіз арманмен аяқ астынан түс шайысып, қайта табысып жататындары да кездеседі. Бірде ұшқыш болам деп асыр салса, бірде ғарышкердің рөлін сомдайды.

(Соңы 2-бетте).

■РЕСМИ САПАР

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқа төрағасы Тимур ҚҰЛЫБАЕВ өңірлерге іссапарын жалғастыруда. Жетісу жеріне ат басын бұрып, бірнеше нысанды аралап, сондай-ақ, облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізіп, облыс бойынша бизнес саласында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Жергілікті кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына да барып, жұмысына оң баға берді. Әрі аталған орталықты құруда облыс әкімдігінің қосқан үлесін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, отырыста бизнес үшін мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және оларды ұсыну мерзімін қысқарту шаралары жайында сөз қозғады.


Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

КӘСІПКЕРЛІК КӨЛЕМІ КЕҢЕЙЕДІ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Палата басшысының айтуынша, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына 5 жылда 22 мыңнан астам өтініш түсіп, оның 40%-ы кәсіпкерлердің пайдасына шешілген. Осы арқылы бизнес өкілдерінің жалпы құны 92 млрд. теңгені құрайтын құқығы мен мүддесі қорғалған. Сондай-ақ, 20 мыңнан астам нормативтік-құқықтық актілердің жобасы сараптамадан өткізілген. Ал палата ұсынған ескерту мен ұсыныстың 73%-ы мемлекеттік орган қызметінде ескеріліпті. Ең бастысы, палатаның қатысуымен жаңа Салық кодексі әзірленіп, шағын және орта бизнес өкілдері үшін арнайы салық режимі мен қосылған құн салығының мөлшері сақталып, әкімшіленділру жеңілдетілді. Ұлттық палата тарапынан атқарылған осындай игілікті жұмыстар өңірдегі кәсіпкерлердің жұмысына жан бітірді. Әсіресе, бизнес пен жергілікті билік арасындағы ынтымақтастықты бекемдей түсті. Тимур Асқаруұлы осы бағытта облыс әкімдігінің өңірлік кәсіпкерлер палатасын қолдап, өнімді жұмыс атқарып жатқанын ерекше атап өтті.

Осыдан кейін облыс әкімі Амандық Баталов өңірдегі бизнесті қолдау бағытында атқарылған жұмыстар жайлы жан-жақты айтып өтті. Өткен жылы облыс әкімдігінің қолдауымен жаппай кәсіпкерлікті дамытуға 9,3 млрд.теңге бөлініп, 1052 кәсіпкерге мемлекеттік қолдау көрсетіліп, 2500 жұмыс орны құрылған. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде 3,6 млрд. теңге бөлініп, 210 кәсіпкерге қолдау көрсетілген. Бизнесті қолдау мақсатында шағын несие беру, қаржылай емес қолдау көрсету, тағы басқа бағдарламалардың орындалуына да көп көмек көрсетілді. Бұл өз кезегінде облыстық бюджеттің де қоржынын қампита түсті.

Отырыста облыстық кәсіпкерлік палатасының да атқарған жұмысы сараланды. Бұл туралы өңірлік палата директоры Нариман Әбілшайықов баяндады.

Оның есебінше, өткен жылы кәсіпкерлердің құқығын қорғау бойынша облыстық палатаға 233 өтініш тіркеліп, олардың 80 пайызы кәсіпкерлердің пайдасына шешіліпті. Сондай-ақ, республикалық және жергілікті 40 әкімшілік кедергі анықталып, 13-і алынып тасталған. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша 42 тегін семинар өткізіліп, 1338 жетекші және жұмысшы біліктілігін арттырса, 145 ауылшаруашылығы кооперативі құрылып, 28-і қаржыландырылған. Кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау бойынша құны 5 млрд. теңге болатын 432 бизнес-жоспар әзірленіп, оның ішінде 68 жоба 217,1 млн. теңге көлемінде қаржыландырылыпты. Сонымен қатар, 8 мың кәсіпкерге 6437 сервистік қызмет көрсетіліп, кеңес берілген. «Бастау бизнес» аясында 285 қатысушы 1 млрд. теңгеден астам несие алыпты. Отандық тауар өндірушілерді қолдау аясында 1,4 млрд. теңгелік келісімшарт жасауға қолдау көрсетіліпті. Адами капиталды дамыту бағыты бойынша атқарылған жұмыстар да көңіл қуантады. Былтыр кәсіпкерлікті дамыту мақсатымен 23 инвестициялық жоба ұсынылып, нәтижесінде 450 млн. теңге болатын 2 жоба қаржыландырылған.

Жиында Панфилов ауданындағы «Ернар» шаруа қожалығының басшысы Тасқын Жапарқұлов жүгері дақылын субсидиялау мәселесінің шешілмей келе жатқанын алға тартса, «Сарғалдақов» шаруа қожалығының төрағасы Жанатбек Сарғалдақов Ұлттық палата өкілдерінен алма бағын субсидиялауды кеңейтуді өтінді. Ал Текелі тау-кен комбинатының директоры Бақыт Шалбаев Текелі қаласынан комбинатқа дейін газ желісін тарту ісіне кәсіпкерлердің көмектесуін сұрады. Көпшіліктен түскен ұсыныстарға «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының төрағасы Абылай Мырзахметов жауап берді.

Отырыстан кейін журналистердің сұрағына жауап берген «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқа төрағасының ресми өкілі Жігер Әзбергеннен білгеніміздей, осы күнге дейін «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасында арнайы мәселелердің тізімі құрылған. Оған енгізілген ұсыныстардың 68%-ы шешімін тауыпты. Демек, осы жолы айтылған ұсыныстар да оң шешімін табады деген ойдамыз.

ЖЕТІСУ-ақпарат

Қайырымдылық сөрелері қойылды

Талғардағы супермаркеттерде «қайырымдылық сөрелері» қойылды. Бұл жоба мұқтаж адамдарға көмек көрсету үшін іске асырылуда.

Талғар ауданының кәсіпкерлері «Талғар Асар» атты қайырымдылық жобасын бастады. Жоба аясында «Ароматный мир» супермаркет желілеріне арнайы сөрелер қойылады.

Сөрелерге кез келген азаматтың көмекке мұқтаж жандарға азық-түлік пен шаруашылық заттарын қалдыру мүмкіндігі бар. Бұл жобаны талғарлықтар қайырымдылық мәдениетін дамыту мен әлеуметтік жауапкершілікті жоғарылатуға бағытталған «Атамекенім» республикалық акциясы аясында іске асырып отыр.

«Талғар Асар» жобасы бастамашыларының бірі – танымал кәсіпкер, «Ароматный мир» супермаркет желілерінің директоры Сергей Майборода. Ол бизнес өкілдерінің әлеуметтік бастамаларды іске асыруға белсенді қатысу керектігін айтты.

– Біздің қала мен ауданда әлеуметтік көмекке зәру азаматтар өте көп. Дүкенде жиналған барлық азық-түлік пен тауарларды аз қамтылған отбасылар мен мүгедек жандарға, басқа да мұқтаж адамдарға тікелей жеткізуді қарастырып отырмыз. Бастамамызды Талғарды өзге де қайырымды кәсіпкерлері қолдайды деген сенімдемін, – дейді ол.

«Дана» жекеменшік мектебі мен бірнеше балабақшаның құрылтайшысы, Қазақстан мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қауымдастығының Алматы қаласы және Алматы аймағы бойынша филиалының жетекшісі Күлән да Батырбековаңың сөзінше, игі істер жақсы әдетке айналып қана қоймай қоғамның тренді болуы тиіс.

– «Асар» сөзі терең ұғымды білдіреді. Жобаны «Талғар Асар» деп атау арқылы бір-бірімізге қол ұшын созу қажеттігін ұмытпауымыз керек. Сөрелерге «Жақсылық жасауға асығайық!» деп жаздық. Өйткені, қайырымдылық пен мейірімділік істерінің үлкен-кішісі болмайды, – дейді Күлән да Батырбекова.

«Талғар Асар» жобасы аясында сөрелерді қаладағы және аудандағы сауда нүктелерінде де ашу жоспарланып отыр.

– Ай сайын кәсіпкерлер сөрелерді қажетті азық-түліктер мен тауарларға толтырып отырады. Олар қазір осындай сөрелерді басқа да сауда орындарында ашуға қызығушылық танытып отыр. Жалпы талғарлық кәсіпкерлер ауданның қоғамдық, әлеуметтік өміріне белсене атсалысып келеді. Қайырымдылық бизнес өкілдері қызметінің ажырамас бөлігіне айналған. Мәселен, Тұяқ Есқожина басқаратын «Нұр» балалар үйі кәсіпкерлердің қамқорлығына алынған. Мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедектер ұйымдары да кәсіпкерлердің назарында, – дейді Кәсіпкерлер палатасы Талғар аудандық филиалының басшысы Ержан Тұралықов.

Айта кетейік, «Қайырымдылық сөрелері» осыған дейін Текелі қаласында ашылған болатын. Іскер әйелдер кеңесінің бастамасымен облыстың бірнеше қаласы мен ауылдарында «Бәрі де рахмет үшін!» әлеуметтік дүкендері жұмыс істейді.

Астанаға барады

Облыстық экология департаменті жариялаған «Экология балалардың көзімен» атты сайыс өз мәресіне жетті. Соған орай «Айналайын» балалар үйінде марапаттау кеші өтті. Сайысқа қаржылық қолдауды облыстық кәсіпкерлер, үкіметтік емес ұйымдар көрсетті.

Сайысқа «Айналайын» мен облыстық №1 балалар үйі тәрбиеленушілері қатысты. Мақсаты – бүлдіршіндерге суреттер арқылы экологиялық тәрбие беру, табиғатқа оң көзқарасын қалыптастыру, қоғамдағы экологиялық проблемаларды түсінуге және оны шешуге атсалыстыру.

Жарысқа 35 жұмыс қатыстырылды. Бүлдіршіндер қоғамдағы экологиялық мәселелерді өз көздерімен түйсініп, қағазға түсіре біліпті. Қылқаламмен салынған әртүрлі суреттер ерекше әсер қалдырады. Сайыс қорытындысы бойынша 2-орынды Валентина Скотарева, Құралай Кенбаева, Радмир Чернов, 1-орынды Ирина Веснина, Алтынай Меркали, Жансая Меркали иеленді. Бас жүлдені Ольга Веснина қанжығалады.

– Биыл біз бұл жарысты ертерек бастап кеттік. Алдағы уақытта Дүниежүзілік экология күніне орай осы жеңімпаздар республикалық сайысқа Астанаға барады. Қазіргі таңда экологияға келетін қатерлі жағдайлар көбейіп барады. Табиғат бізді киіндіреді, ішетін асымызды да табиғат береді. Сондықтан ел болып, жастар болып табиғатты аялауымыз керек, – деді облыстық экология департаментінің басшысы Қонысбек Ескендірұлы.

Кеш соңында жарысқа қатысқан барлық балаларға ынталандыру сыйлықтары табыс етілді. Содан кейін тәрбиеленуші қыздар мен жігіттер өз өнерлерін ортаға салды.

■ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Жатақханалар ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАНДАНАДЫ

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, жекешелендіруді жүргізу және білім беру саласын цифрландыру бойынша мәселелер кезекті Үкімет отырысында қаралды. Осыған байланысты ҚР Ұлттық экономика, ҚР Инвестициялар және даму, ҚР Денсаулық сақтау, ҚР Білім және ғылым министрлері сөз сөйлеп, бірқатар облыс әкімдері тыңдалды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Жиында мәлім болғанындай, бірінші сәуірге дейін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 90,6 млрд. теңгеге 140 нысан пайдалануға берілген. ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтің айтуынша, бүгінде барлығы 766,4 млрд. теңгеге 200-ден аса келісімшарт тіркелген, басым бөлігі білім беру, қалғаны денсаулық сақтау мен мәдениет және спорт салаларына тиесілі. Бұдан өзге, МЖӘ-ні дамытуға арналған заңнамалық шаралар қабылданған. Өткен жылдың соңында МЖӘ тетіктерін одан әрі жетілдіру мен жеңілдету бойынша заң қабылданып, заңға сәйкес кезеңдерді бестен үшке дейін қысқарту арқылы рәсімдер оңтайландырылған. Бұл МЖӘ жобаларының сараптама жұмыстары мен мақұлдау мерзімдерін жеті айдан үш айға дейін қысқартуға жол ашты.

Сондай-ақ, үш және одан да көп жылға МЖӘ бойынша тұтыну кепілдігін беру қарастырылған, мемлекеттік бағдарламалар аясында саланың ерекшелігі ескеріле отырып, МЖӘ стандартталған жобаларын жоспарлау мүмкіндігі енгізілген. Осы Заңның орындалуына қажетті заңға қосымша актілер қабылданыпты. Қазіргі таңда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі бойынша 44 жоба әзірлеу және енгізу сатысында тұрғанын атап өткен ҚР Инвестициялар және даму министрі соның ішінде жол, теміржол көлігі, азаматтық авиация, энергия үнемдеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салалары бойынша жобалардың бар екенін мәлімдеді.

«Алсим Аларко – Макйол – СК – Кореян ЭкспрессВэй» консорциумымен Үлкен Алматы айналма автокөлік жолы (ҮААЖ) құрылысы бойынша Қазақстандағы алғашқы ірі концессиялық жобаны іске қосу туралы келісімшартқа қол қойылды. Мамыр айында құрылыс-монтаж жұмыстары басталады. 2021 жылы құрылыс жұмыстарын аяқтап, ақылы негізде жолды пайдалануға беру көзделген», – деді Жеңіс Махмұдұлы.

Сондай-ақ, министр орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға энергия үнемдеуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған МЖӘ жобаларын іске асыруды бастау жөніндегі ұсынысын айтты.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың сөзінше, бүгінде денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ жобаларының тізімі 175 жобаны қамтиды, олардың 50-і бойынша келісімшарт жасалған. Қол қойылған келісімшарттардың жалпы құны – 33,7 млрд. теңге. Биыл 6 өңірде 15 келісімшарт жасалды. Жобалар дәрігерлер амбулаторияларын, емханалар мен стационарлар салуды және пайдалануға беруді, медициналық техникамен жабдықтауды, тағы басқаларын қарастырмақ. Денсаулық сақтау саласындағы нвестициялардың 2025 жылға дейінгі орташа жылдық өсу деңгейі 9,3 пайызды құрайды деп болжануда.

– Бұл ретте, 750 млрд. теңге инвестицияларды МЖӘ аясында тарту жоспарлануда. Бәсекелестікті дамыту, тарифтік саясатты, цифрландыруды жетілдіру бойынша шаралармен бірге МЖӘ тетіктерін ендірудің нәтижесі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды ендіру жағдайындағы денсаулық сақтау ұйымдарының заманауи тиімді инфрақұрылымы болады, – деді Елжан Амантайұлы.

Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев өңірлердің әкімдеріне Президенттің бес бастамасы аясында МЖӘ негізінде жатақханалар құрылысын жандандыруды тапсырды. Бұдан өзге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында МЖӘ тетіктерін енгізу бойынша алғашқы қадамдардың жасалып жатқанын атап өтті.

Жекешелендіру үрдісінің бірқалыпты жүріп жатқанын мәлімдеген ҚР Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов жекешелендірудің кешенді жоспары негізінде 482 нысанның сатылымға шығарылып, оның 397-сінің сатылғанын баяндады. Сондай-ақ, жиында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес биылғы Жолдау аясында мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор объектілерін түгендеу жұмыстарының жалғасып жатқаны және аталған жұмыстардың нәтижелері тамыз айында ұсынылып, кешенді жоспар объектілері тізімінің жаңартылатыны мәлім болды.

ҚР Білім және ғылым министрлігі білім беру жүйесі мен ғылымды цифрландыруды әрі қарай дамытудың төрт бағытын белгілепті. Қазіргі кезде аталған министрлік осы бағыттар бойынша цифрлық технологияларды енгізу бойынша кезең-кезеңімен жұмыс кестесін әзірлеп, оны іске асыруда. Интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында бүгінде мектептердің 99 пайызы интернет желісіне қосылған. Төрт мыңнан астам мектепте электронды «Күнделіктер» енгізіліпті. Бұдан өзге, БҒМ мемлекеттік қызметтер көрсетумен айналысады. Министрлікте барлығы 73 мемлекеттік қызмет бар. Оның 25-і автоматтандырылған. Бүгінде БҒМ базалары e-gov платформасы арқылы мемлекеттік органдардың базаларымен біріктірілген. Алдағы екі жылда тағы 48 қызметті автоматтандыру және оңтайландыру көзделген. ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев халықты цифрландыру негіздеріне оқыту керектігін де атап өтті. Осы орайда министр: «*150 мың мұғалім мен бір жарым миллион ата-анаға біздің ақпараттық базаларды қолдануды үйрету қажет*», – деді.

Осыған қатысты ой қорытқан Бақытжан Әбдірұлы облыстардың әкімдеріне мектептерді техникалық жабдықтау мен оларды кең жолақты Интернет желісіне және Wi-Fi жүйесіне қосу қажеттігін айтып, жұмысты бақылауға алуды тапсырды.



■ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ФИЛАРМОНИЯ ҰЖЫМЫ ӨЗБЕКСТАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Екі ел ынтымақтастығы мен мәдени қарым-қатынасын дамыту мақсатындағы шара аясында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ бастаған делегация Өзбекстан Республикасына жол тартты. Онда Алматы облысының күндері өтпек.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Өзбек еліне баратын ұлы көшті Сүйінбай атындағы облыстық филармониясының, «Алатау әуендері» МКҚК «Құлансаз», «Үшқоңыр» ән-би ансамбльдерінің ұжымы бастап, барлығы 116 адам жолға шықты. Өнер ұжымын журналистер қауымы шығарып салды.

Сүйінбай атындағы облыстық филармониясының директоры Данияр Құрамысовтың айтуынша Ташкент қаласында сәуірдің 12-сі күні үлкен концерт өтеді. Онда жетісулық өнерпаздар халықтық өнерімізді танытумен қатар өзбек ұлтының да әнбилерін ұсынбақ. Осыған орай жаңа костюмдер тігіліп, репертуар жасалған. Өтетін шараларға облысымыздың өнерпаздары сақадай сай.

Мұнымен қатар Алматы облысының күндері аясында көрмелер ұйымдастырылып, экономикалық, мәдени жетістіктеріміз паш етілмек.

Біз қазақ мәдениетін танытуға бара жатқан жетісулық өнерпаздарға сәтті сапар тіледік.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 46 (18466)
Бейсенбі, 26 сәуір, 2018 жыл.

■ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ



ЖАҢА ӘКІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ АМАНДЫҚ БАТАЛОВ ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН АУДАН ӘКІМДЕРІН ҚАБЫЛДАП, АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢДЕ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ. ОСЫ БАРЫСТА ӨҢІРДЕ ШЕШІМІН КҮТКЕН МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ҚОЛДАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖАҒДАЙЛАРДЫ, ЖАҢА ҰСЫНЫСТАРДЫ ТЫҢДАП, САУАЛДАРҒА ЖАУАП БЕРДІ.

Кәжет АНДАС,
"Жетісу"

Осы ретте Талғар, Райымбек, Панфилов, Қаратал, Көксу, Ескелді аудандарының басшылары есеп берді. Алдымен сөз алған Райымбек ауданының әкімі Жолан Омаров аудандық мекемелер мен құрылымдар ғимараттарының эскиздік жобаларының жасалу, күрделі жөндеу мен құрылыс жұмыстарының барысына тоқталып, кадрлық мәселелердің толық шешілгенін жеткізді. Оның айтуынша, сервистік дайындау орталықтары үшін алынатын ауылшаруашылығы техникалары қарастырылу үстінде. Нарынқолдың үш көшесі толық жөндеуден өтіп, жаңғыртылатын болады, төрт көшесі толық жарықтандырылады, арық жүйелері ретке келтіріледі, бұл жұмыстардың барлығына қажет қаражат толығымен бөлінген. Сондай-ақ, екі апатты көпірді жаңартудың жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге де қаржы қарастырылған.

Қаратал ауданының әкімі Рауан Рақымбеков қазір инвестор тарту арқылы Үштөбедегі базардың орнына коммуналдық базар салына бастағанын, бүгінде мұнда биіктігі 2,5 метрлік 165 түп қарағай отырғызылғанын, алдағы уақытта тағы да 7 мың түп ағаш отырғызылатынын жеткізді. Сол сияқты ауданда жеті мамандық бойынша оқытатын колледждің жанындағы 1 гектар жерге 50 орынды жатақхана салу туралы ұсынысын алға тартты. Сондай-ақ, бұрындары ауылшаруашылығы техникаларын шығарған кәсіпорынды қайта құру ісіне қолдау көрсетуді сұрады.

Талғар ауданының әкімі Рыскелді Сатбаев аудандағы ауызсу мәселесін шешу, қаладағы 2 шағынауданда модульді қазандық салу бойынша тапсырмалардың орындалуын баяндады. Оның хабарламасына орай өңір басшысы екі шағынауданның жылыту жүйесін ғана емес, бүкіл аудан бойынша орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылмаған көпқабатты үйлердің мәселелерін толық шешуге тиіс екендіктерін ескертті. Сонымен қатар, аудан әкімі Талғар қаласы көшелерін жарықтандырудың қолға алынатынын, жол бойындағы талапқа сай келмейтін сауда және қызмет көрсету орындарына тиісті мамандармен бірге рейд жүргізу басталғанын айтты.

Кездесуде Көксу, Ескелді аудандарының абаттандыру, көркейту жұмыстары, санитарлық тазалық туралы айтылып, аудан басшыларына тиісті тапсырмалар берілді. Панфилов ауданының әкімі Темірлан Бектасовқа да жұмысты жандандыру қажеттігі ескертілді.

■ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Мал шаруашылығы өркендейді

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ БАҚЫТЖАН САҒЫНТАЕВ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМЫТУ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕТТІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЕНГІЗУДІ ТАПСЫРДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ КЕЗЕКТІ ӨТКЕН ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА АЙТЫЛДЫ. КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛЕНДІРУДІ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ – «АСТАНА-1» ААЖ ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ, МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРДЫ САТЫП АЛУ, БІРЫҢҒАЙ НОМЕНКЛАТУРА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ДЕ ОСЫ ЖИЫНДА СӨЗ БОЛДЫ.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

ҚР Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Арман Евниев ауылшаруашылығы саласының стратегиялық даму бағыттарына сараптама жасалып, нәтижесінде ауылшаруашылығы өнімдерін экспортқа бағыттау және импортты алмастыруға бағытталған он бес басым бағыт анықталғанын айтып өтті. Бағдарламаны жүзеге асыру фермерлер класын құруға ықпал етпек. Бағдарлама аясында фермерлік шаруашылықтардың саны өсіп, ауыл тұрғындарына жұмыс орындарын ұлғайтуға, сондай-ақ, ірі қара мал басын көбейтіп, сиыр және қой еті өндірісін арттыруға жол ашылмақ. Экспорттан түсетін пайда көлемі көбейіп, еңбек өнімділігі жақсармақ. Асыл тұқымды мал басын көбейту осы бағдарламаның негізгі шарты. Азық өндіру, оның ішінде суармалы жерлердің маңайына мал бордақылау алаңдарын шоғырландыру көзделеді.

Арман Қайратұлы типтік фермерлік шаруашылықтарды қаржыландыру тетіктерін айтып, жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын салу шығындары әкімдіктер арқылы берілетін инвестициялық субсидиялар есебінен жабылатынын мәлімдеді. Бағдарлама ауылшаруашылығы саласының инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік бермек. ҚР АШМ етті мал шаруашылығын дамыту бағдарламасын жүзеге асырудың нақты міндеттері мен мерзімдері көрсетілген Жол картасын әзірлеген. Жол картасын АӨК-ті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына енгізу ұсынылды. Бағдарламаның негізгі міндеті – шаруа қожалықтарын дамыту.

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлыбек Мәлелов өз хабарламасында «ҚазАгро» құрылымы арқылы жаңа бағдарламаны іске асыру аясында фермерлік шаруашылықтарды, шағын бизнес субъектілерін қаржыландыру жоспарланғанын атап өтті. Осылайша фермерлер малды одан әрі көбейтіп, өсіру үшін төлдейтін мал сатып алуға, ауылшаруашылығы техникасын және мал азығы өндірісіне қажет жабдықтар сатып алуға, мал ұстайтын орындарды салуға, айналым қаражаттарын толықтыруға және бизнес жүргізуге қажет өзге де мақсаттарға 15 жыл мерзімге пайыздық мөлшерлемені субсидиялауды ескере отырып, жылына 4 пайызға несие ала алады.

Биыл фермерлерді қаржыландыруға шамамен 50 млрд. теңге бағыттау жоспарланған. Бағдарламаның тұжырымдамасы Дүниежүзілік банк, Азия даму банк сияқты халықаралық ұйымдар сарапшыларының қатысуымен әзірленген, олар өз қаражаттарын тарту арқылы Бағдарламаны іске асыруға белсенді түрде атсалыспақ. «Атамекен» ҰКП басқармасының төрағасы Абылай Мырзахметов жаңа бағдарлама мал шаруашылығын дамытуға оң әсерін тигізетінін мәлімдеді.

– Жаңа үлкен нарықтар ашылып жатқандықтан тиісті органдармен жоспарланған іс-шараларға қатысты барлық мәселені тағы бір рет талқылау қажет. АӨК-ті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу аясында етті мал шаруашылығын дамыту бойынша кешенді шаралар қаралуы тиіс, – деді Бақытжан Әбдірұлы.

ҚР Қаржы министрі Бақыт Сұлтановтың айтуынша, БҰҰ ЮНКТАД-пен бірлесіп «Астана-1» ақпараттық жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндай жобалардың бірі – «Бірыңғай терезе». Мамыр айында «Бірыңғай терезе» порталын және оның компоненттерін пилоттық режимде іске қосу жоспарланған. Кедендік рәсімдерді жүргізуді жылдамдатудың маңызды бағыты – физикалық инфрақұрылымды дамыту. Аталған бағытта барлық автомобиль өткізу пункттерін жаңғырту жоспарланған.

«Қазақстан – Қытай шекарасында «Нұр жолы» жаңа өткізу пунктінің құрылысы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі бойынша жүріп жатыр. Құрылысты аяқтау мерзімі 2018 жылдың маусым айы. Қалған 8 автомобиль өткізу пункттерінің реконструкциясын ҚХР-дан жеңілдетілген үкіметтік қарыз тарту есебінен жүзеге асыру көзделген, – деді Бақыт Тұрлыханұлы.

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев «Ақпараттандыру туралы» Заңға сәйкес «Астана-1» ақпараттық жүйесін құру туралы техникалық міндет бекітілгенін айтып өтті. Осы жылдың сәуір айында «Астана-1» ақпараттық жүйесі мен оны «Е-лицензиялау» Мемлекеттік деректер қорымен ықпалдастыру арқылы жүзеге асырылған. Жол картасы әзірленіп, бекітілген. Оның аясында талап етілетін құжаттар саны азайып, қызмет көрсету мерзімі 26 жұмыс күнінен 8 жұмыс күніне дейін қысқартылған, сондай-ақ, атқарылатын жұмыс жартылай автоматтандырудан толық автоматтандыруға көшіріледі. Бүгінде 63 кеден бекеті жердегі байланыс арналары арқылы, 8 өткізу бекеті спутниктік байланыс арқылы желіге қосылған. «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов «Астана-1» АЖ-ны енгізу саласындағы мәселелер мен оның бизнеске тигізер пайдасы туралы айтып берді.

Сондай-ақ, жиында ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында медициналық техниканың ұлттық базасының құрылатынын мәлімдеді.

■ МАЛ ТӨЛДЕТУ



ЫРЫС КӨЗІ – ЫНТЫМАҚ

Бір шеті құмға сұғынған, жағалаған жұрттың өзегін талдырмас үлкен өзені бар, өзі де сол өзеннің атымен аталған Қаратал ауданы мал баққанға таптырмас мекен. Төрт түлікке жұғымды ұйық бұл. Сөзіміздің айқын көрінісі – Бастөбе ауылының іргесінде орын тепкен «Азиз» жеке шаруашылығы. Бүгінде шаруашылықтың өрісі төлді, малы қоңды.

Қозыбай ҚҰРМАН,
"Жетісу"

Шаруашылық іргетасы 2007 жылы қаланған. Мұнда негізгі бағыт есебінде Шопаната түлігін өсіру мәселесі көзделген. Әуелде жүз бас қой алып, қора-қопсыны да тыңнан тұрғызған ұжым бүгінде қойдың басын 1200-ге дейін жеткізді. Оның 800-ден астамы туыт малы. Биылғы төлдеу науқанында да туу көрсеткіші айтарлықтай болып отыр. Мәселен, әр жүз саулыққа 110 бас қозыдан айналған.

Ұжым басшысы Азиз Байрамовтың айтуынша, мұнда қазір қойдан бөлек 200 басқа жуық жылқы, 250 бас етті бағыттағы сиыр өсіріліп отыр. Сонымен бірге бағымдағы малды асылдандыру мәселесі де жолға қойылған. Айта кетерлігі, Азиз Ыдырысұлы 2013 жылы мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасына қатысады. Нәтижесінде, 11 млн. теңгеден астам қаржыға ие болып, оған 50 бас ірі қара, 3 бас бұқа сатып алады.

Бүгінде шаруашылықта бағымдағы малды жемшөппен қамдау мәселесі де түбегейлі шешілген. Айталық, қазір шаруашылық иелігінде 4200 гектар жайылымдық, 180 гектар егістік жер бар. Осы суармалы жерге жоңышқамен қатар арпа, бидай сынды дәнді дақылдар егіледі. Сонымен бірге, шаруашылық биыл қызылша өсіруді де қолға алмақ. Оған да мүмкіндік көп. Бүгінде шаруашылықта 15-ке жуық техника бар.

Қазір берекелі ұжымда 12 адам жұмыспен қамтылған. «Мал баққанға бітеді» демекші, шаруашылық жетекшісі ырысының тасып, шаруасының дөңгелеп кетуін өзінің сенімді бақташыларының арқасы дейді. Сол себепті олардың жалақысы көңілге қонымды. Айына оларға 80 – 100 мың теңге көлемінде еңбекақы төленіп отыр.

Қаратал ауданы

■ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

Су – тіршілік нәрі

АУДАН ӘКІМІ, «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ БАЛҚАШ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ҒАЛЫМ ТОҚПЕЙІСОВ ПЕН ОРЫНБАСАРЫ БАУЫРЖАН ДӘРІБАЕВ АРНАЙЫ ІССАПАРМЕН «БАҚАНАС МАГИСТРАЛЬДЫ АРНАСЫНА» ІЛЕ ӨЗЕНІНЕН СУ БӨЛІНЕТІН БАСТАПҚЫ САҒАСЫНА БАРЫП, СОЛ ЖЕРДЕГІ АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАРМЕН ТАНЫСЫП ҚАЙТТЫ. ӘКІММЕН «БАЛҚАШИРРИГАЦИЯ» МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫСЫ ВЛАДИМИР КИМ САПАРЛАС БОЛДЫ.

Аталған арна Ақдала, Береке ауылдық округтеріне қарасты 15 мың гектар суармалы егіс алқаптарын тіршілік нәрімен қамтамасыз етіп отырған үлкен су жүйесі. Кейінгі жылдары Іле өзеніндегі су деңгейінің төмен болуына байланысты магистральды арнаның алды қайырланып, егіс алқаптарына судың жетуіне қиындық туғызған болатын. Су жүйесінің қалыпты болуын басты назарға алған аудан басшысы облыстық бюджеттен қомақты қаржының бөлінуіне ықпал етті. Осы мақсаттағы жұмыстарды атқару «Қарабұлақ» халықты тұрмыстық заттармен қамтамасыз ететін комбинаттың еншісіне тиген еді. Сапар барысында аталмыш комбинаттың бөлім басшысы Сәкен Рахимов Ғалым Қасымұлына атқарылып жатқан жұмыстарды көрсетті.

Ол өз сөзінде: «*Бүгінге дейін арна сағасының 2400 метрі тазаланды. Әлі де атқарылатын жұмыстар аз емес. Қайырланған арна табанын тазалау үшін 7 экскаватор, 2 бульдозер және 2 құм тиегіш техникалар үздіксіз жұмыс атқаруда*», – деді.

Аудан әкімі комбинаттың бөлім басшысына жұмыстарды сәуір айының соңына дейін толық аяқтауды тапсырды. Өйткені алда келе жатқан күріш егу науқанында егіс алқаптарына су қажет. Айта кетейік, аграрлы аймақтың басты байлығы егін шаруашылығы болғандықтан егістік алқаптарына сумен қамтамасыз ету үшін көктем мезгілінде су арналарының сағаларына механикалық тазалау жұмыстары жүргізіліп тұрады. Бүгінгі атқарылып жатқан жұмыстар алдағы күннің жемісі болмақ.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Агротуризм қолға алынады 2-бет

Ел қалаулысы, жұрт мақтанышы 3-бет

БАСПАСӨЗ – 2018

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге 2018 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

БІР ҒАСЫР БІРГЕМІЗ!

Құрметті оқырман! Егер сіз ғаламтордағы сан алуан ақпараттың ағы мен қарасын ажырата алмай, шындығы қайсы деп әуре-сарсаңға түссеңіз, күнара танымдық-сараптамалық әрі мазмұнды мақалалар оқығыңыз келсе, онда ойланбастан жүз жыл толған «Жетісу» газетіне жазылуға асығыңыз. Зерделі ойымен, зерелі сөзімен замана ағымына зер салып, қоғам тынысы жайлы қалам тербейтін қара шаңырақтың тілшілері сізге өңірдің ең өзекті жаңалығын жеткізіп отырады. Оқыңыз, ой түйіңіз, біз халықпен бір ғасыр біргеміз!



Жалпы жазылу:

Жазылушылар	Индекс	6 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	4644,72	4954,32
Зейнеткерлер мен ҰОС ардагерлері үшін	35469	3020,40	3330,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3155,04	3464,64
Жалпы жеке жазылу	65469	3291,84	3601,44

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз

«Жетісудың» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Редакцияға келіп балама жазылу:

№		6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3600
2.	Зейнеткерлер мен ҰОС ардагерлері үшін	2000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2100
4.	Жалпы жеке жазылу	2300

Электронды форматтағы жазылу:

№		6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3300
2.	Зейнеткерлер мен ҰОС ардагерлері үшін	1650
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1750
4.	Жалпы жеке жазылу	1850

Жетісу
1918–2018
№47 (18467), 28 сәуір, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

РУХАНИЯТ

БҰЛ КӨКТЕМ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕРЕК



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Университет қабырғасында жүрген кезімізде ұстазымыз бізді «шала піскен Шекспирлер мен толыспаған Толстойлар» деп сөзбен жиі тоқпақтайтын. Одан сабақ алған біз бар ма? Жазған өлеңдерімізді жарыса оқып, ақынмын деп ақиланатынбыз. Құдды бір әдебиетке жаңалық әкелгендей. Не керек, «Жетісу көктемінде» сол әзілдің түпкі мәнін ұғынып, көңіліміз қайта қанаттанды. Ойға қонымды, ақылға сыйымды әрлі әңгімелерге шөліркеп жүрген едік, сусынымыз қанды. Қалам ұстаған талапкерлердің құнды дүниелерге қоржыны толды. Әрине, оның бәрі жер жаннатын жырмен жылытқан жас әдебиетшілер форумының арқасында.

Иә, Жетісудың жүрегі Талдықорған қаласында тұңғыш рет «Жетісу көктемі» атты жас әдебиетшілердің форумы өтті. Бұл айтулы мерекені жас қаламгерлер көптен күткен болатын. Тіпті оның қазақ әдебиетіне үлкен серпіліс алып келген сөз сүлейлерінің мекені Жетісу жерінде өтуін армандаған-ды. Сол жүйелі ойды жүзеге асыруға бір нәрсе жетінкіремей жүрген-тұғын. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді де көңілде піскен келелі істерге жан бітірді. Облыс әкімдігі, Қазақстан Жазушылар одағының өңірлік филиалы мен облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма бірлесіп қолға алған салтанатты шара екі күнге жалғасты. Енді сол қос тәуліктегі қуанышты тарқатсақ.

Еліміздің оңтүстігі мен солтүстігін, батысы мен шығысын біріктірген форум делегаттары алдымен Алматы шаһарында бас қосты. Оларды облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың басшысы Айдар Башбаев, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Ерлан Жүніс және жазушы Есболат Айдабосын бастаған топ қарсы алды. Жоспар бойынша алғашқы күн қасиетті Қарасай еліндегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында пайдалануға берілген тарихи-мәдени, өлкетану нысандарын аралаудан басталды.

Алғаш табан тіреген нысан Елбасының кіндік қаны тамған топырақ – Шамалған ауылындағы «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы болды. Өскелең ұрпаққа өнеге берер маңызды орынмен танысу барысында қонақтарды Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі мен қызметі жайлы баяндайтын құжаттар, Қазақстан Республикасының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдеріне сәйкес хронологиялық ретпен орналастырылған экспонаттар тәнті етті. Делегаттар бұл мәдени орынның тәуелсіз Қазақстанның халықаралық беделінің нығаюындағы Елбасының өлшеусіз үлесін, рөлі мен еңбегін көзбе-көз бағалау мүмкіндігін тудырғанын атап өтті. Одан кейін «Батыр бабалар» мемориалы мен «Анаға құрмет» тарихи-өлкетану мұражайларында да болып, өткеннен сыр шерткен бай мұраларға қанықты.

Мемлекет басшысы атап өткендей, ел тарихын, батыр бабаларымыздың есімін жадымызда сақтап, жастарға үлгі ете білу ертеңіміз үшін өте маңызды. Мемориалды кешенмен танысу барысында олар бұл мекеннің жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудегі алар орнының ерекше екендігін айтты.

Түс ауа жас әдебиетшілердің сапары Кербұлақ ауданында жалғасты. Қаламгер қыз-жігіттер Күреңбелдің таңғажайып табиғатынан шабыт алды. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» дегендей, аудан басшысы бастаған ақжаулықты әжелеріміз шашу шашты. Ақтан дәм татып, наннан ауыз тиген соң ақын-жазушылар қазақтан шыққан тұңғыш этнограф-ғалым Шоқан Уәлихановтың зиратына барып рухына тағзым жасады. Кейін ұлы ғалымның «Алтынемел» мемориалдық музейіне бас сұғып, еш жерде жоқ құнды жәдігерлерді көзбен көрді. Әдебиеттің жас өкілдері ғалымның рухына Құран бағыштады.

Жетісудың тарихи-мәдени орындарын аралап көзайым болған делегаттар үшін кешкілік Қаратал өзені жағалауында поэзия кеші ұйымдастырылды. Жас әдебиетшілерге Жетісудың тамылжыған табиғатымен еркін тыныстауға мүмкіндік туды. Талдықалаға алғаш табан тіреген қаламгерлерге жетісулық ақындар Азамат Нұрмұхан, Торғын Тұрлыбаева, Жангелді Немеребаев жырларын арнады. Әнші-композитор Гүлнұр Нұрасылова мен республикалық байқаулардың жеңімпазы Бейбіт Мұсаев кешті әуезді әндерімен әрлей түсті. Шара барысында сөз алған мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері, ақын Қалқаман Сарин ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

– Бүгін аспаннан өлең жауған күн болды. Жол бойы Жетісудың көрікті жерлерін аралап, рухани байып қалдық. Жастардың шабыты оянып, бір ерекше күйде болдық. Жас әдебиетшілер форумының осында өткеніне өте қуаныштымын. Себебі, бұл мекен тарихы тасқа қашалған алыптардың бақ ордасы. Әрі небір сөз саңлақтарының кіндік қаны тамған топырақ. Осы шараға мұрындық болған барлық адамдарға рақмет айтқым келеді, – деді ол.

Форум делегаттары осындай әсерлі кештің өз дәрежесінде өтуіне ұйытқы болған облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасына шексіз ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, қонаққәде ретінде әр өңірден келген әдебиетшілер жүректен шыққан туындыларын тарту етті. Қараталмен қатар қара өлең де өзен болып ақты дерсіз сол сәтте.

Жас әдебиетшілердің «Жетісу көктемі» форумының екінші күні делегаттар Талдықорған қаласындағы Сүйінбай Аронұлы мен Мұқағали Мақатаев ескерткіштеріне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Ескерткіш алдында естелік суретке түсті. Содан соң «Рухани жаңғыру» орталығына барып, бағдарлама аясында аймақта қандай жұмыстардың атқарылып жатқандығына куә болды.

Форум жұмысы Тіл сарайында әдемі әдеби отырыспен жалғасты. Қалам ұстағандар әдебиеттің бүгіні мен ертеңі туралы тұшымды ойларын ортаға салды. Шығарма жазудан бастап, кітап шығарудағы машақат, оны оқу мәдениеті туралы да сөз болды.

Әдеби отырысқа Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, оның бірінші орынбасары Ақберен Елгезек, жазушы Бейбіт Сарыбай қатысып, өздерінің өзекжарды ойларымен бөлісті.

– Талдықорған топырағы талай ұлы тұлғаларды өмірге әкелген киелі өлке. Жер жаннаты Жетісу жерінде жас әдебиетшілер форумының өтуі барша қалам ұстаған жандарға жаңа серпін берді десек болғандай. Осындай әдебиетшілер форумының ұйымдастырылуына ұйытқы болған Тіл басқармасына, басшысы Айдар Башбаевқа ерекше алғыс айтқым келеді. Себебі, басқарма ұжымының тек тіл мәртебесін көтеріп қана қоймай, руханиятқа, соның ішінде әдебиетке де үлесін қосып келе жатқаны көңіл қуантады. Тұңғыш рет өткізіліп отырған «Жетісу көктемі» жас әдебиетшілер форумының келер жылы да жалғасын тауып, ізгі бастамаға айналатынына сенемін, – деді Ұлықбек Оразбайұлы.

Айта кетейік, Қазақстан Жазушылар одағының басшылығына Ұлықбек Есдәулетов келгелі бері көптеген игі шаралар қолға алынып жатыр. Соның бірі – одақтың өңірлік бөлімшесінің ашылғаны болатын. Оған директор болып талантты ақын Ерлан Жүністің тағайындалғаны жетісулық қаламгерлер үшін олжа болды. Бүгінгі шараны қос тараптың қосылып өткізіп жатқандығының өзі сол аймақтық филиалдың жұмысының жемісі.

Әдеби отырыста ақын Ақберен Елгезек «Бүгінгі қазақ поэзиясы: жаңа ізденістер» деген тақырыпта ой қаузаса, жазушы Бейбіт Сарыбай «Бүгінгі қазақ прозасы: дәстүр мен жаңашылдық» туралы әңгіме өрбітіп, жас әдебиетшілер қойған сауалдарға жауап берді. Қаламгердің қадірі мен әдебиеттің өресі туралы сөз қозғалған жиында аға буын келешек жастарға сенім артқандығын ерекше тебіреніспен жеткізді.

Екі күнге созылған «Жетісу көктемі» жас әдебиетшілер форумының салтанатты рәсімі Салтанат сарайында өтіп, кешті облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар жүргізді.

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған ұлттық сананы жаңғырту идеясының түп-тамыры – тілде, әдебиетте, мәдениетте жатыр. Сондықтан бағдарлама аясында Алматы облысында бір жылдан бері 8 мыңнан астам шара өткізіліп, 200 жоба жүзеге асырылуда. Облыс әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен былтыр бір мезетте 39 кітап жарыққа шығып, оқырманға жол тартты. Алдағы уақытта облыстағы барлық ауылдық Мәдениет үйлерін жаңғыртып, жаңартатын боламыз. Сонымен қатар әдеби байқаулардың, шығармашылық шаралардың да маңызы зор. Бұл форумға облыстың, республиканың әр өңірінен талантты жастар жиналды. Ендеше, қатысушыларды айтулы шарамен құттықтағым келеді. Баршаңызға шығармашылық шабыт тілеймін! – деді құттықтау тілегінде Жақсылық Мұқашұлы.

Облыс әкімінің орынбасары келесі сөз кезегін облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрінге ұсынды.

– Екі күннен бері Талдықорған шаһарында өлең өріліп, аспаннан жыр жауды. Жанымыз жадырады. Түн жамылып өлең оқығымыз келді. Ақ парақтарға ойымызды ақтарғымыз келді. Ежелден Ұлы Даланы ұлт ұясы десе, Жетісуды ел жүрегі дейді. Тұран мемлекетінен бастап көптеген хандықтар осы Жетісу жерінде орнаған. Оған тарих куәгер. Біздің қазақ әдебиеті сонау Алып ЕрТоңаның Тұран патшалығы кезінен бастау алады. Содан бері қанатын кеңге жайып, әлемді өз жауһарларымен таңғалдырып келеді. Мына отырған жастар сол әдебиетімізді одан әрі дамытып, іргелі етеді деген ойдамын, – деді ол.

Шара барысында «Жетісу» телеарнасының директоры Бейсен Құранбек осында отырған жас әдебиетшілердің Нобель сыйлығын алатын шығарма жазатынына сенімін білдірсе, белгілі ақын Бауыржан Қарағызұлы ол күннің де жақын қалғандығын тілге тиек етті. Сонымен қатар «Рух» байқауының қорытындысы бойынша жарыққа шыққан кітаптардың тұсауы кесілді. Бір топ қаламгер салтанатты түрде Жазушылар одағына мүшелікке қабылданды. Атап айтсақ, Жангелді Немеребаев, Қанат Әбілқайыр, Бауыржан Қарағызұлы, Әлия Бөпежанова, Бақытқүл Бабаш, Есболат Айдабосын секілді сөз сарбаздары шығармашылық одаққа мүше болды.

Осы форумда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен «Мәңгілік елдің мұраты» атты облыстық байқаудың қорытындысы жария етілді. Оның бір ерекшелігі – жеңімпаздарға облыс әкімінің «Ақ қауырсын» әдеби жүлдесі тағайындалған болатын. Оған поэзия жанры бойынша ақын Сағыныш Намазшамова мен проза жанры бойынша Қанат Әбілқайыр лайық деп танылды. Поэзия аталымында екінші орынды талантты ақындар Ерлан Жүніс пен Аршын Нұрбақыт қанжығаласа, тиісінше үшінші орынды облыстық «Жетісу» газетінің журналистері Қозыбай Құрман мен Мұхтар Күмісбек иеленді. Ал прозада екінші орынды танымал жазушы Есболат Айдабосын мен Гүлжан Амангелдіқызы өзара бөліске салды. Үшінші орында Асхат Өмірбай мен Данагүл Берекеттің асығы алшысынан түсті. Жеңімпаздардың барлығына ақшалай сыйлық пен арнайы дипломдар табыс етілді.

Бір қуанарлығы, бұдан бұлай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жетісу көктемі» жас әдебиетшілер форумы дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Жыл сайын әдебиет жастары Жетісу мекенін өлеңмен өрнектеп, ақжарма тілектерін арнамақ.

Иә, өлең өнерін қызықтамайтын, әсіресе, жас кезінде жыр жазбайтын дала перзенті кемдекем. Ол заңды да. Жалпы поэзия мен жастықты сырлас сұлулардай мұңдастыратын, жақын достастыратын ортақ бір қасиет бар. Ол – сезім. Ал сол сезімнің нағыз қайнар шағы көктем мезгілі емес пе?! Жас көңіл шалқымай, шалқудың жырға айналмай тұра алмайтыны белгілі. Бұл көктемнің бұрынғы көктемнен өзгерек болғаны қалам ұстаған жасқа анық сезіледі. Дәйім қуанышымыз ұзағынан болсын. Сонда атақты Нобель сыйлығының өзі-ақ бізді іздеп келер.

Қабыл ИСА



МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

МЕКТЕПТІҢ ЖАЙ-КҮЙІМЕН ТАНЫСТЫ

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЖАҚСЫЛЫҚ ОМАР ТАЛҒАР ҚАЛАСЫНДАҒЫ «СПИРТЗАУЫТ» ЫҚШАМАУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН №4 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙГЕ АРНАЙЫ АТ БАСЫН БҰРДЫ. ОҒАН ІРГЕСІ СОНАУ 1936 ЖЫЛЫ ҚАЛАНҒАН ЕСКІ МЕКТЕПТІҢ СЫН КӨТЕРМЕС ЖАҒДАЙЫ СЕБЕП БОЛҒАН ЕКЕН.

Үлбосын ИСАБЕК,
“Жетісу”

Жалпы білім беретін 480 орынды бұл мектепте қазір 612 бала білім алуда. Олардың арасында 27 оқушы биыл 11-сыныпты бітіріп, ҰБТ тапсырмақ. Мұнда 11 бастауыш сынып комплекті, 2 мектепалды топтары бар.

– Ескі мектептің кабинеттері стандартқа сай келмейтіндіктен жетіспейді. Физика, химия кабинеттері лабораториялық құрылғылармен мүлдем жабдықталмаған. Спортзалы да талапқа сай емес. Терезелері ескірген. 3 кабинеттің жылу жүйелері дұрыс жұмыс істемейді. Жауынды күндері төбеден су тамшылап, салдарынан кабинеттер көгеріп кетті, – дейді №4 мектеп-лицейдің директоры Гүлмира Кусекбаева.

Айтқанындай-ақ, 10-сынып оқушыларының жартысына жуығының көктің иісі аңқып тұрған кабинетте маскамен (бетперде) отырғандығын көзіміз көрді. 82 жылдық тарихы бар, екі қабаттан тұратын мектепке осы уақытқа дейін ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгенімен бірде-бір рет күрделі жөндеу көрмепті. Сондықтан болар, әбден тозығы жеткен білім шаңырағының сау-тамтығы қалмаған. Бұл жерге арнайы келген Жақсылық Омардан жақсылық күткен мектеп ұстаздары мен ата-аналар жамыраса жағдайларын айтып қалуға тырысып бақты.

– Қыста балаларымыз сырт киіммен отырып оқуға мәжбүр. Салқын типі, жиі ауырып қалады. Балаларымыздың қауіпсіздігіне де алаңдаймыз. Электр сымдарының тозығы жеткен. Су құбыры бір-ақ жерде бар. Шіріген еденге балаларымыздың аяғы түсіп кетеді. Спортзалы мүлдем сын көтермейді, – деген мектептің қамқоршылық ұйымының төрайымы Нұргүл Бекенқызы қолына көтерген папкасын ашып, мектептің тозған көріністерін айғақтайтын альбомды алдымызға жайды.

Мектеп сыныптарын аралаған Жақсылық Мұқашұлы сөз арасында оқушылармен пікірлесті. Олардың оқу үлгерімдерімен қатар қандай үйірмелерге қатысатындығы, не қызықтыратыны жайлы да сұрап-білді. «Балалы үйде ұрлық жатпас» деп бекер айтпаған ғой. Жақсылық Мұқашұлының жүзіндегі жылылық пен мейірімді сезінген балалардың жарыса білдірген ойлары бір арнаға тоғысып жатты. Ол, әрине, мектептің жаңалануы қажеттігі. Өздері үлгермесе де артынан ілескен іні-сіңлілері жарқырағаң мектепте еш алаңсыз білім алса екен дейді. Дәретхана іште болып, спорт алаңдары да заман талабына лайық жабдықталса дегендей тілектер де айтылды.

Аталған мектептің бастауыш сыныптары оқитын ғимарат пен балалар асханасы сын көтермейтін қалыпта. Аядай асханада балалар тікесінен тік тұрып ас ішуге дағдыланған. Мектептің қоршалмай, ашық-шашық болуы да ата-аналардың тынышын кетіретін көрінеді.

Жақсылық Мұқашұлы Елбасының апатты және ұшауысымды мектептерді болдырмау тапсырмаларына орай алдағы жылы бұл мектепті күрделі жөндеуден өткізіп, қосалқы ғимарат салу мүмкіндіктерінің қарастырылатындығын айтты. Сондай-ақ, мектеп басшылығына ғимараттың ескілігінің білім сапасының төмендеуіне кері әсерін тигізбеуі тиіс екендігін ескертті.

Талғар ауданы

КӘСІПКЕРЛІККЕ – КЕҢ ӨРІС

ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР БАС ҚОСТЫ

Талдықорғанда «Атамекен» ҚР ҰКП Іскер әйелдер кеңесінің жетекшісі Лаззат Рамазановаңың қатысуымен өңірдегі Іскер әйелдер кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Онда белгілі болғандай, Кеңес әйелдер арасында ауылшаруашылығы кооперативтерін дамытуды қолға алмақ.

Лаззат Рамазановаңың айтуынша, осылайша ауылдағы әйелдер өнім шығаруды жолға қойып, оны жеткізу мәселесін шешпек. Сонымен бірге ол Қазақстандағы нәзік жандыларды қолдауға бағытталған жаңа бастамалар жөнінде айтып өтті. Өңірлік іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Римма Салықова облыста жүргізілген жұмыс барысын баяндады.

Осыған байланысты: «Ауылды жердегі әйелдердің қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыс күшейтілді. Алакөл, Ақсу аудандарында іскер әйелдер форумы өткізілді. Өткен жылы жұмыс істеп жүрген, жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған әйел кәсіпкерлерге бірнеше оқыту семинары өткізілді. Облыстың алты қаласында «Бәрі де рахмет үшін» атты әлеуметтік дүкендер ашылды», – деді Римма Салықова.

Биыл кеңес бастамасымен «Текелі Асар» және «Талғар Асар» атты қайырымдылық жобалары басталды. Жоба аясында қалалардың сауда нүктелерінде арнайы сөрелер ашылған. Онда кез келген адам мұқтаж азамат үшін азық-түлік пен шаруашылық заттарын сатып алып, қалдыра алады. Аталмыш жоба облыстың өзге қалалары мен аудандарында да іске қосылады деп жоспарлануда.

Наурыз айында Кеңестің ұйымдастыруымен «Балалық шаққа инвестиция» тақырыбымен мектепке дейінгі білім беру саласындағы инвесторлар форумы өтті.

Облыстағы іскер әйелдер алдағы уақытта «Қорғас» ХШЫО-да кәсіпкер қызкеліншектер үшін сауда аймағын ашу, қолөнер ісіне қатысты өңірлік форум мен туризмді дамыту бойынша халықаралық форум өткізді.

Айта кетейік, облыста 1 млн.-нан астам әйел тұрады. Ресми мәліметтер бойынша, бүгінгі таңда тіркелген 110 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектілерінің 42 пайызын әйелдер басқарады. Өткен жылы 2,3 мыңнан астам әйелге сервистік қызмет, 5,6 мың әйелге ақпараттық қызмет көрсетілді. Іскер әйелдер тарапынан жалпы сомасы 2,4 млрд. теңгелік 123 стартап жобасы жүзеге асырылған.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

ҚЫЗЫЛША ӨСІРУ қарқын алып келеді



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жетісу жеріне жасаған сапарында қант қызылшасы саласын дамыту жайлы нақты тапсырма берген болатын. Сол тапсырма бойынша қазір облыста ауқымды жұмыс атқарылуда. Бұл жұмысты жүзеге асыруды «Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ өз назарында ұстап отыр. Бірнеше жыл бойы облыстық әкімдік «Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ арқылы ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін техника және өнімділігі жоғары, сапалы тұқымдармен қамтамасыз етуде. Сондай-ақ, бірнеше жыл тоқтап тұрған Ақсу қант зауытын іске қосып, қант қызылшасын өңдеу ісін жандандырды.

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Елдегі 18 миллион халықтың сұранысын қамтамасыз ету үшін 400 мың тонна қант керек. Өткен жылы отандық қант зауыттары өндірген шекер қазақстандықтардың қантқа деген қажеттілігінің 13%-ын ғана қамтамасыз етті. Былтыр толықтай қайта жабдықталған Көксу қант зауыты 325 мың тонна, 10 жылдан кейін іске қосылған Ақсу қант зауыты 70 мың тонна, тұрақты жұмыс істеп келген Жамбыл облысындағы Меркі қант зауыты 200 мың тонна қант қызылшасын өңдеп, 50 тонна қант алды.

Ғалымдардың пайымынша, қант қызылшасына деген сұраныстың 25%-ы орындалғанда сол елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Біз осы деңгейге жету үшін кем дегенде жылына 1 миллион тонна шикізат жинауымыз керек. Жетісулықтар осы мақсатқа жету үшін барын сала еңбек етуде. Өткен жылы 9 мың гектардан астам жерге қант қызылшасын өсірген жерлестеріміз биыл қызылша егілетін аумақты 11 мың гектардан асырмақ. Осы қарқынмен жүрсек 2021 жылы миллион тонна шикізат жинау мүмкін болады.

Қазіргі таңда қант қызылшасы бағытында облыста 15 сервистік қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Олардың қуаты 6 мың гектар жердегі қант қызылшасын егу, баптау, жинауға жетеді. Демек, 11 мың гектар жердегі жұмыстың 80 пайызы жаңа техниканың, қалғаны адам күшімен атқарылады. Биыл тағы 7 сервистік қызмет көрсету орталығы құрылмақ. Бұл жұмыс сапасын жақсарта түседі.

Сапалы тұқымның жетіспеушілігі де диқандардың құлшынысына қолбайлау болып тұр. Өкінішке қарай, олардың өнімділігі жоғары болғанымен құны тым қымбат, жерсіндіру үшін жалықпай баптау керек. Сондықтан оған екінің бірінің қолы жете бермейді. Сапалы тұқым мәселесін шешу үшін ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі 200 млн. теңге қаржы бөліп, отандық қант қызылшасы тұқымын өндейтін кәсіпорындарды қаржыландыруға көшті. Егер жоба сәтті жүзеге асса диқандар бағасы арзан, зиянкестерге төзімді, берекелілігі жоғары тұқымдардың игілігін көрмек. Сонымен қатар, өткен жылы Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында қант қызылшасының “Тиссерин” (Франция) және “Игорь” (Германия) тұқымдары сынақтан өткізіліп, жоғары көрсеткіш көрсетті.

Сапалы тұқым мәселесін шешумен облыстық әкімдік те айналысуда. Биыл «Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ арқылы Франция мен Германиядан өнімділігі жоғары 33 мың тонна қант қызылшасының тұқымы әкелініп, 1 сәуірден бастап диқандарға таратылды. Мамандардың айтуынша, генетикалық әлеуеті күшті, өнімділігі жоғары “Ардан”, “Дануб”, “Тиссерин”, “Игорь” және “Гримм” сияқты шетелдік тұқымдардан гектарына 1000 центнерден өнім алуға болады. Сондай-ақ, бұл тұқымдар зиянкестерге де төзімді.

Өңірде Панфилов ауданындағы «Қамқорлық» ЖШС ұсынып отырған Ялтушковская, Каз-Сив, Ай-Шолпан сияқты тұқымдарды егіп, мол өнім алып жүргендер де көп. «Қамқорлық» ЖШС-нің директоры Әлен Жолдасовтан білгеніміздей, аталған шаруашылық өндірген қант қызылшасының тұқымы өткен жылы мың гектар жерге егіліп, гектарына 450-650 центнерге дейін өнім жинапты. Алайда, «Қамқорлық» ЖШС базасындағы тұқым өңдейтін құрылғылар ескіргендіктен сапалы тұқымды молынан өңдеп, жұрттың сұранысын толық қамтамасыз ете алмай отыр. Осыған орай облыс әкімі Амандық Баталов биыл 25 млн. теңге қаржы бөліп, шаруашылықтың құрал-жабдығын жаңартуға қол ұшын бермек. Демек, бұл мәселе де оң шешімін таппақ.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№78 (18498)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 19 шілде, 2018 жыл.

Коворкинг орталығы ашылды

Сарқан аудандық кітапханасында коворкинг орталығы ашылды. Coworking - бірлесіп жұмыс істеу. Египеттің атақты Александрия кітапханасында осындай орталықтар жұмыс істеп, басқа өңірлерге үлгі-өнеге болған. Мұнда шеберлік сыныптары, кітапхананың ресурстары толығымен пайдаланылады.

Орталық кітапхананың коворкинг орталығына бөлінген залына заман талабына сай жиһаздар қойылып, кітап көрмесі ұйымдастырылды.

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бізде көптеген игі іс-шара ұйымдастырылып жатыр, – деді аудандық кітапхана директоры Гүлнар Мұхаметқалиева. – Соның бірі – «Электронды кітапханалардың бірыңғай сандық кеңістігі» партиялық жобасын жүзеге асыру барысындағы коворкинг орталығы.

Бұдан әрі кітапхана басшысы жаңа жобаның оқырмандар үшін игілігі мол әрі қолжетімді болатындығына мысалдар келтірді.

– «Білім көзі кітапта», – дейді халқымыз. «Нұр Отан» партиясының саяси кеңесінде мақұлданған 22 жобаның бірі осы коворкинг орталығы. «Цифрлы Қазақстан» жобасы аясындағы игі іс оқырмандар қатарын көбейтіп, санын арттыруға өзіндік ықпалын тигізері анық,–деп құттықтау лебізін жеткізген аудан әкімі Ерғазы Қошанбекұлы жақсы істің басында жүретін кітапханашылардың жұмысына табыс тіледі.

Жиында, сондай-ақ, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбеков, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мұрат Түсіпов, қалалық әжелер ұйымының төрайымы Күлшарбан Қалиева сөз алып, игі іс-шараның тиімділігіне кеңінен тоқталды.

«Бизнес-фитнес» өткізілді

«Даму» қорының облыс бойынша аймақтық филиалы бизнес-фитнес ұйымдастырды. Оны Ольга Дробина, Ильмира Хакимова, Ирина Чен секілді табысты кәсіпкерлер өткізді.

Тренингте жаңа іс бастаған және бизнеспен айналысушы кәсіпкерлер өз ойларымен бөлісе отырып, бизнес-жоспарлау, ойға алған істі одан әрі дамыту, салада кездесетін қиындықтармен күрес жүргізу және одан шығу жолдарын әңгімеледі. Кәсіпкерлік саласындағы басқа да жұмыстар сөз болып, жанжақты талқыланды.

– Жоғарыда есімдері аталған қыз-келіншектердің бизнестегі тәжірибелері мол. Мәселен, олардың бұл саламен айналысқандарына жиырма жылдан асыпты. Қыз-келіншектер қордың қаржылық және қаржылық емес бағдарламаларының қатысушылары саналады. Сондықтан біздің тренерлерге пайдалы ақпарат беріп, кездесу өткізгендері үшін алғыс айтамыз, – дейді «Даму» қорының облыс бойынша аймақтық филиалының директоры Бақыт Мұсаев.

Кездесу қызықты өтті. Қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, оларға нақты жауаптар қайтарылды әрі пайдалы кеңестер берілді. Соңында аталмыш филиал қызметкерлері Қор бағдарламаларына қатысу жолдарын түсіндірді.

Үздік оқытушы

Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйытқы болуымен А. Байтұрсынұлы атындағы «Үздік оқытушы» облыстық байқауы өтті. Ұлағатты ұстаздар сынға түскен аталмыш байқауға аудан, қалалардағы 8 тіл оқыту орталығының мұғалімдері қатысты.

Шараның шымылдығын құттықтау сөзбен ашқан облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Айдар Башбаев байқаудың мақсат-міндеттерімен таныстырып, қатысушыларға сәттілік тіледі. «Тіл оқыту орталықтарының ұстаздарына алдағы уақытта үлкен күш түскелі отыр. Себебі, халықты жаңа әліпбиге оқыту мәселесінде зор міндеттер жүктелуде. Сондықтан, біз өз тарапымыздан оқытушыларды қолдауға әрқашан дайын екенімізді айтқымыз келеді. Ал бүгінгі сыннан оза шапқан оқытушымыз республикалық байқауға жолдама алып, өңіріміздің намысын қорғайтын болады. Сол бәйгеде облысымыздың мәртебесін жоғары көтеріп, өз біліктілігі мен шеберлігін көрсетеді деген сенімдемін», – деді ол.

Үш кезеңнен тұратын сынға барлығы 9 тіл оқытушысы қатысып, өз біліктіліктерін көрсетті. Байқауға төрелік еткен әдіқазы алқасы бірінші кезеңде қатысушылардың электронды портфолиосымен танысып, талдау жасады. Одан кейін педагогикалық-психологиялық жағдаяттарға арналған тапсырмаларға жауап беріп, шеберліктерін танытқан қатысушылар соңғы кезеңде берілген тақырыптарға сәйкес сабақ үлгісін көрсетуден бақ сынады.

Жарыс қорытындысы бойынша «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Іле аудандық филиалының оқытушысы Қарлығаш Ақбасова үшінші орынды иеленсе, Қарасай аудандық филиалының оқытушысы Фатима Сағымбаева II орынға, Текелі қалалық филиалының оқытушысы Ақтоты Алимбаева I орынға ие болды. Байқаудың бас жүлдесін Қапшағай қаласынан келген оқытушы Гүлмира Дусанбаева жеңіп алды. Жеңімпазға республикалық байқауға қатысуға мүмкіндік беретін жолдама табысталды.

■СЕЛЕКТОР

АУҚЫМДЫ ІС АТҚАРЫЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ төрағалығымен өткен селекторлық отырыста облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ өңірде атқарылған жұмыстар мен алдағы уақытта іске асырылуы тиіс жоспарларды баяндады. Өңір экономикасын дамытып, өнімді еселеуде жыл басынан бері біраз істің басы қайырылып, оң нәтижелерге қол жеткізілген. Қай салада болсын алға басу бар.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Мәселен, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3,7%, ауылшаруашылығы 3,1%, құрылыс 5,9%, бөлшек сауда айналымы 8,2%-ға өскен. Салық түсімі жергілікті бюджетпен салыстырғанда 16,1%-ға жоғарылапты. Соның бірі — ауылшаруашылығы. Аталған сала бойынша нақты көлем индексі артып, қыруар инвестиция тартылды. Мемлекеттік реттеуді цифрландыру аясында биыл субсидиялық бағдарламалардың бәрі автоматтандырылды. Мал шаруашылығында «смарт фермалардың» қатарын көбейту міндеті тұр. Бұл ретте облыстық бюджет пен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қаржыландыруымен ауқымды жұмыс атқарылуда. Іле ауданындағы итальяндық «Gremonini» компаниясының қатысуымен 25 мың тонна сиыр етін мен Германияның «Бауманн» компаниясымен 30 мың тонна қой етін өңдіретін зауыт салу жұмысы басталады. Бұлар кластерлік жүйедегі нысандар, яғни онда бордақылаудан бастап дайын өнімді өткізуге дейінгі тізбек қарастырылған. Аталмыш жобалардың қуаттылығын толық қамту үшін мал басы мен өнімділігін арттыру қажеттігі туындайды. Өңірде еттен басқа майбұршақ майын, балық өнімдері мен жаңғақты, балды экспортқа шығару мүмкіндігі зор. Сондықтан алдағы жылдары тамақ өнеркәсібінде ет, сүт, жүн, тері, майлы дақылдар, жүгері, жеміс, көкөніс, қант қызылшасы мен картопты тереңдете өңдеуді қолға алмақ.

Ауқымды жұмыстардың қатарында өңірдің инвестициялық жағдайы да арта түсті. Тұтастай алғанда, жүзеге асырылған 50 инвестициялық жоба құны 1 млрд. теңгеден асқан. 5 айдың қорытындысы бойынша инвестиция көлемінің өсуі өңдеу өнеркәсібінің 26%-ын құрады. Өнеркәсіп пен азық-түлік өндірісі, сусындар мен қағаз, машина жасау, химиялық және фармацевтикалық өнімдер көлемі артқан. Айталық, индустрияландыру картасы бойынша биыл құны 19,3 млрд. теңге тұратын 5 жоба іске асырылады. Яғни, тамызда электронасос шығаратын зауыт «Вилло» іске қосылса, қыркүйекте «Империя Фуд» ет өңдеу кешені, жыл соңына қарай азық-түлік өнімдерін өндіретін «Маревен Фуд» зауыты жұмысын бастайды. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті қолдауға да қомақты қаражат бөлінген. Оның ішінде «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы индустриалды аймақтарға инженерлік инфрақұрылым тартуға қарастырылған қаражат та бар. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша шағын несиелендіру мен оқытуға бағытталған қаржы көлемі де аз емес.

Құрылыс жұмыстарының көлемі өсіп, газдандыру жоспарға сай атқарылуда. Жол құрылысы мен қайта жаңғыртылуға және күрделі, орташа, ағымдағы жөндеулерге де айрықша көңіл бөлінген. Білім, денсаулық сақтау саласы бойынша бірқатар нысанды күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған. Медициналық мекемелер мен ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға тиісті жұмыстар да жүйелі атқарылуда. Алдағы қысқа дайындалып, қысылмай шығу үшін бюджеттік мекемелерге сұйық отын мен көмір сатып алуға да қомақты қаражат қарастырылыпты. Биыл 19 елді мекенді газдандыру жоспарланса, «Өңірлерді дамыту — 2020» бағдарламасы аясында ауызсу мен кәріз жүйелерін қайта жаңғырту, сумен жабдықтау мен кәріз желілерін жөндеу көзделуде. Сұйық отынмен жанатын қазандықтарды ауыстыруға, бюджеттік сала нысандарының жылыту жүйесін газға ауыстыруға қажетті қаражат та тиісті көлемде бөлініпті.

— Жетісудың байлығы — туризм. Бұл бағыттағы жұмыс көңіл қуантады. Өткен жылы Алматы — Талдықорған күрежолын салу жұмысы аяқталып еді. Биыл Талдықорған — Үшарал — Достық бағытындағы жол салу жұмысы басталды. Сондай-ақ, өткен жылы Алакөл ауданының орталығы Үшарал қаласындағы әуежай қолданысқа беріліп, Алматы — Талдықорған бағытында пойыз қатынап, туристердің Алакөлге қиналмай барып, алаңсыз демалып қайтуына жағдай жасалды, — деді Амандық Ғаббасұлы.

Облыс әкімінің баяндамасынан кейін Ауылшаруашылығы, Білім, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Мәдениет және спорт, денсаулық сақтау, Инвестиция және даму министрлері өз ойын айтып, облысымызда атқарылған жұмыстарға оң баға берді. Үкімет басшысы да облыс әкімінің баяндамасына ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, өзге өңір басшыларына тек баяндамада көрсетілген жетістіктерді оқып, құрғақ сандарды тізіп қана шықпай, кездесіп жатқан түйткілді мәселелерге, кемшін тұстарға, оны түзету жолдарына ден қою қажеттігін ескертті.

Үкімет басшысы мен министрлер айтқан жетістіктер мен сын-ескертпелерді назарға алған облыс әкімі Амандық Баталов:

— Жалпы, облыс бойынша барлық салада ілгерілеушілік бар. Алдағы уақытта болған кемшіліктерді қайталамай, межеленген жоспарларды орындау бағытында жұмыс істеуге тырысамыз. Әсіресе, өнеркәсіпті өркендету, қайта өңдеу ісін өрістету, ауылшаруашылығы, құрылыс, соның ішінде жол жөндеу мен тұрғын үй салу, газдандыру жұмыстарын жандандыру, шағын және орта кәсіпкерлік пен туризмді дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, балаларды балабақшамен қамтамасыз ету сияқты істерге ерекше мән беріп, халыққа қызмет етуге күш саламыз, — деп алдағы міндеттерді атап өтті.

■ЕГІНЖАЙ

Осы аптада Балқаш ауданындағы 3680 гектар бидай мен 3140 гектар жерге егілген арпа дақылына орақ түсті. Осы ретте аудан әкімі Ғалым Тоқпейісов, орынбасары Бауыржан Дәрібаев, аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы Бүркіт Мұқанов, Ақдала ауылдық округінің әкімі Әділғали Болатов, «Өтес-Ақдала» ЖШС-нің егіс алқабында болып, егін ору науқанымен танысты.



АРПА-БИДАЙҒА ОРАҚ ТҮСТІ

«Өтес-Ақдала» ЖШС директоры Марс Дәулетбаев, аталмыш шаруашылықтың №4 бөлімшесінің басшысы Ержан Қойшығұлов, агроном Ерлан Нұрлыбеков аудан басшысына арпа-бидай орағының жұмыс барысын баяндады. Биыл «Өтес-Ақдала» ЖШС 822 гектар жерге арпа еккен еді. Егіс алқабында «Torum – 740» маркалы екі комбайн жұмыс істеуде.

– Әрине, мұндай зор жетістікке Ғалым Қасымұлының өңірдің егін шаруашылығын өркендету жолында атқарылып жатқан жұмыстарды назарға алып, қатаң қадағалауында, сондай-ақ, еңбеккерлердің ерінбей атқарған ерен еңбегінің арқасында қол жеткізіп отырмыз, – дейді өңір диқандары.

Айта кетерлігі, биыл өткен жылмен салыстырғанда арпа-бидай өнімділігі жоғары болады деген болжам бар. Осы болжамның толық орындалатыны немесе орындалмайтыны жайлы аудан басшысы егін орағының өнімділігі жайында шаруашылық директоры Марс Дәулетбаевпен әңгімелесті.

Аудан әкімінің сұрағына тұшымды жауап берген ол:

– Ерте себілген егіннің арқасында арпа өнімі жылдағыдан жоғары. Сонымен қатар, егін орағына қажетті техникалардың жанар-жағармайы мен қосалқы бөлшектері де жетерліктей болғандықтан техникалар тоқтаусыз жұмыс атқаруда. Қажетті тыңайтқыштар да дер кезінде беріліп, өнім сапасы арта түсті, – деп жауап берді.

Диқандардың қажырлы еңбегін, мол өнімге деген сенімін көрген өңір басшысы оларға егісті төгіп, шашпай, толық жинап алу жайлы тапсырма берді. Диқандар да өз кезегінде осындай ауқымды жұмыстарды атқаруға барлық жағдай жасап отырған аудан басшысына өз ризашылығын білдіріп жатты.

Алтынай ТАЛҒАТҚЫЗЫ
Балқаш ауданы

ЖЕРДІ ТИІМДІ пайдалану жолы 2-бет

ӨЗ ЕЛІ ӨЗ ЕРЛЕРІН ескермесе... 3-бет

ТАПА ТАЛ ТҮСТЕГІ тонау 4-бет

■ЖАЙДАРМАН



ДИҚАНДАР ҚУАНЫШЫ

Өткен жылы тау өзені тасыған кезде Қарқара ауылдық өңіріне қарасты «Құмтекей» арнасының бөгеттерін су шайып, іске жарамсыз еткен еді. Мұны назарға алған аудан әкімі Талғат Байеділов су арнасын қайта қалпына келтірудің іс-шараларын қолға алып, игілікті іске бастамашы болды.

Қанат БІРЖАНСАЛ,
"Жетісу"

— Ұзындығы 17 шақырымды құрайтын «Құмтекей» арнасы арқылы Қарқара өңірінен жалпы 4400 гектар егістік, көпжылдық шөп, картоп алқабы суарылады. Каналды қалпына келтіруші азаматтарымыз қысқа мерзімде сапалы жұмыс жүргізді. Оларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Енді диқандар, фермерлер каналдың игілігін көретін болады, — дейді Кеген ауданы әкімінің орынбасары Дастан Құдабаев.

Тендер бойынша құрылыс жұмысын «Айсем и КО» ЖШС ұтып алған болатын. Серік Айтқожин басқаратын мекеме қажетті қазатын, күрейтін, тегістейтін қуатты трактор, техника, сыйымдылығы үлкен жүк көліктерімен қарқынды еңбек етіп, жұмысты мерзімінен бір жарым ай бұрын бітірді. Осылайша, жөндеуден өткен арнаға су жіберіліп, егістік алқабындағы жұмысшылардың қуанышы еселене түсті.

Кеген ауданы

■ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

МЕМЛЕКЕТТІК САРАПТАМАНЫҢ МҮМКІНДІГІ



Суретті түсірген Айдын НҰРШАНОВ.

Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үрдісін жетілдіру және сараптау қызметінің тиімділігін жоғарылату мақсатында «Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиалы мен мемлекеттік сәулет-бақылау басқармасы» ММ бірлесе отырып «дөңгелек үстел» өткізді. Оған бюджеттік бағдарлама әкімшілері, облыстық, қалалық және аудандық мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар бастаған құрылыс нысандарының тапсырыс берушілері және өңірдің жобалау ұйымдары қатысты. Шараны «Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиалы директоры Нұрлан Чимбаев жүргізіп отырды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

«Дөңгелек үстелдің» бірінші бөлімі «Мемсараптама» РМК орталық аппаратымен онлайн-режимде өтіп, жобаларға экологиялық сараптама жүргізу, сондай-ақ, ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу құрамындағы қоршаған орта эмиссиясына рұқсат беру бөлімі бойынша биылғы 8 маусымнан бастап күшіне енген жаңалықтар баяндалды. Аталған өзгерістерге байланысты жаңа функционал құрылды және ашық трансляция шеңберінде epsd.kz және ВКСБЭЖ электронды порталының қолданыстағы модульдары таныстырылды. Осыған орай, «Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиал директоры Нұрлан Чимбаев жобалау-құрылыс кешенінің барлық қатысушысының қарым-қатынасын үйлестіру қажеттілігі жайлы өзекті мәселелерді атап айтты. Сонымен бірге, сараптаманың өз қызметін атқаруда кездесетін мәселелерін де сөз етті.

Расында, облыстағы құрылыс көлемі республикада алдыңғы орында келеді. Сондықтан өңірде тұрғын үйлерді іске қосу, өндіріс, сауда, әлеуметтік, мәдени бағыттағы жаңа объектілерді салу, сонымен қатар, транспортты коммуникациялар бойынша мемлекеттік тапсырмаларды орындау жобаларға уақытылы және сапалы сараптама жүргізуді талап етеді. Осы жұмыстарды қадағалайтын «Мемсараптама» РМК жылдамдықты, тиімділікті, сонымен бірге, шешім қабылдауда қаталдық пен табандылықты талап етеді. Осы тұрғыдан да өңіріміз басқа облыстарға қарағанда алда келеді. Айталық, өткен жылы сараптамаға бюджеттен қаржыландырылатын 252 жоба ұсынылса, биылғы жеті айда 115 жоба ұсынылыпты. Демек, осындай жетістікті жетілдіре түскеніміз жөн.

Келесі бөлімде облыстағы жобалау-құрылыс кешенінің ішкі мәселелері қарастырылды. Осыған орай, «Құрылыс объектілерін жүзеге асыру барысында сәулет-құрылыс бақылауын жүргізу, сапасыз жобалау және құрылыс салу мәселелері» атты тақырыпта Алматы облысы бойынша мемлекеттік сәулет-бақылау басқармасының басшысы Данияр Абдыбеков баяндама жасады. Ол өз сөзінде бюджеттік объектілерді салуды бақылау мен қадағалау барысында орын алатын кемшіліктер туралы айрықша тоқталды және оны түзетудің жолын атап өтті.

«Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Татьяна Евтушевская облыстық филиалдың өткен жылғы атқарған жұмыстары жайында баяндама жасады. Сонымен қатар, «Мемсараптама» облыстық филиалының мамандары ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу барысында мемлекеттік сараптама ұйымы мен тапсырыс берушілердің өзара әрекеттестігінің құқықтық аспектілерін, жобаларды қарастырудың жалпы тәртібі мен техникалық қолдау аясында туындайтын мәселелер, түзету жасалатын объектілер және құрылысы аяқталмай қалған объектілерге сараптама жүргізудің ерекшеліктері, өңірдегі жобалау саласының сапасын арттырудағы мемлекеттік сараптама мен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы арасындағы өзара әрекеттестік мәселелерін түсіндіріп берді.

Шара аясында «Мемсараптама» РМК Алматы облысы бойынша филиалы мен Алматы қалалық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы құрылыс және жобалау сапасын қамтамасыз ету туралы бірлескен өзара әрекеті алдағы уақытта да жалғасатын болды. Сондай-ақ, мемлекеттік сараптама ұйымы, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, жобалау ұйымдары арасында ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізудің бизнес процесі аясында туындайтын маңызды мәселелер де әңгіме өзегіне айналды.

■ ЖАЙДАРМАН

Бала жүзіне күлкі сыйлау, оларды қуанту өмірдің нағыз шуақты сәті екені анық. Ал көңілі орнына келмеген, туылғалы кейбір кереметтерді көрмеген балалардың жүрегіне жылылық сыйлау тіпті ерекше. Осы орайда облыс аумағында атқарылып жатқан жайдарман жаңалықтар жетерлік. Кембағал жандарды күтіп, бағатын, уақытын қызықты өткізіп, емдеу шараларын қолға алатын мекемелердің көптігі де осыған дәлел болса керек.

СТАДИОН САЛЫП БЕРДІ

Осы орайда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Қамқор» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы балдырғандар жүрегіне тапқан жолы жетерлік. Аталмыш мекемеде тағы қуаныш, тағы шаттық. Адам бойындағы ең ерек ізгі қасиет жомарттық танытқан белгісіз жанның балалар қуанышын еселегені көңіл көкжиегін көтерді.

Көңілі күпті балаларды ауызбіршілікке, достыққа шақырып, өнерін арттырып, шығармашылығын шыңдауда «қамқорлықтардың» еңбегі ерекше. Себебі, қандай байқау болсын мәре сызығынан көрінетін де аталмыш мекеменің балғындары. Қандай сынақ болса да сүрінбей өтетін де осы ортаның жеткіншектері. Енді, міне, «Қамқор» әлеуметтік орталығына ең бірінші балалардың бақытын ойлап, екінші қызметкерлердің тапшылық көрмеуін қалаған атымтай жомарт жан жақсылық нұрын осы ортаға септі. Жомарттық деп әсте қайырымдылық жасап, кішігірім көмегін көрсеткенді де айтамыз ғой. Ал бұл ізгіліктің жолы тіпті басқа. Бойына ақпейілділікпен, мейірімділікті, жүрегіне жақсылық пен қарапайымдылықты жиған жанның жомарттығы балалар тұрмақ бізді таңдандырды. Аталмыш мекемеге үлкен спорт алаңын салып берген кәсіпкердің қалтасынан 4 млн. қаржы шыққан. Бірақ қандай деңгейде көмек көрсетіп, қандай шамада балалар шапағатын еселесе де атын атамауды жөн көрген жомарт жанның бұл жақсылығы жүрек жібітті. Иә, «оң қолың бергенді сол қолың көрмесін» демекші, береке кілті бұйырған жан жақсылығын бәріне жария жасамауды жөн санаған.

Мұқтаж жандардың жағдайына болысу әсте үлкен бақыт. Ал мүмкіндігі шектеулілерге шаттық сыйлау тіпті тамаша. Аталмыш спорт алаңының ашылуында алғашқы сөз алған облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Заида Ілімжанова ізеттілік пен ізгілік ісіне сүйсініп, балалардың қашанда осындай ақжарқын көңілде болуларын тіледі. Көңіл қуаныштарын жасыра алмаған жасөспірімдердің концерттік бағдарламалары енді ғана ашылған спорт алаңында жалғасын тауып, жұртшылық жүрегін тебірентті. Айтылған ән, орындалған би, бәрінен айрықша алғыс пен жылылықтың лебі есті. Өмірге деген құштарлығы ерек балдырғандар спорт алаңын сәнге бөлеп, ойнап-күліп қуанышқа кенелді. Жомарттық жасаған жылы жүректі жаңға жұртшылықтың жеткізген тілегі қабыл болсын дейміз.

Ай НИСА

ҒАЛАМШАР

БЕЙТАНЫС ӘЙЕЛДІҢ АРҚАСЫНДА БАЙЫДЫ



Британияның Оссетт қаласында тұратын Аррон Уолшоудың жұлдызы жанып, кенеттен мол байлыққа кенелді. Оның Lotto Millionaire Raffle лотереясынан сатып алған билет арқылы жолы ашылды.

Бірақ бар мәселе жеңімпаз атанып, байлыққа батқалы тұрған бейтаныс әйелдің кезегін алуында еді. Иә, ер адам кассаның жабылуына екі минут қалғанда үлгеріп келіп, өз алдында тұрған әйелге асығыс екендігін айтып, өткізуін сұраған. Уолшоудың бір сөзін екі етпеген келіншек өз бағының басқаға бұйыратынын білмеген де. Міне, осылай бір уақытта кассаға келіп, кезек сұрау арқылы лотереядан жеңіп, жолы болған Уолшоудың әйелге айтар алғысы шексіз. Тек оны іздеп тапсам дейді. Ертесінде миллионер болып көзін ашқан Аррон кезектен тыс сатып алған билеттің бір миллион фунт (шамамен 451 миллион теңге) ұтып бергенін білген. Бұйырған қаражаттың бір бөлігіне ер адам сүйіктісімен шаңырақ көтеріп, ұлан-асыр той жасамақ.

ЕГИПЕТ АЗАМАТТЫҒЫ – 400 МЫҢ ДОЛЛАР



Мысыр парламенті елдің азаматтығын сұрап келген шетелдіктер қаржылай инвестиция құйған жағдайда «Египет азаматтығын беру туралы» Заң қабылдады.

Сатып алам деген кез келген шетелдік 400 мың доллар беріп, Египет азаматы бола алады. Ал Мысырда бес жылдай тұрып, ел қазынасына 7 млн. Египет фунтын берген өзге елдің кез келген азаматын Ішкі істер министрлігіне қызметке орналасу үшін өтініш бере алады. Әзірге бұл заң шыққанымен, құйған депозиті қалай қабылданып, оған қай банк қызмет көрсететіні, ал Египет азаматтығы шетелдіктерге қандай артық қызмет жасайтындығы белгісіз.

МИЛЛИОН ФУНТЫ БАР ҚАЙЫРШЫ



Ливанда қайтыс болған қайыршы әйелдің миллион фунт ақшасы бар болып шықты. Үйқытап жатып, кенеттен қаза тапқан Фатима Отманның осы күнге дейінгі жағдайы Ливан провинциясындағы жұртшылыққа таныс. Қоқыс, қалдықтардың арасынан тамағын тауып, жанын бағып жүрген әйел әлемге екі рет әйгіленді.

Алғашында Ливандағы азаматтық соғыста қолы мен аяғынан айырылғанда сарбаздың әйелді тамақтандырып жатқан сәті суретке түсіп, дүниежүзіне танылған еді. Қайыр тілеп күнін көрген әйелдің ұйқыдан оянбай, о дүниеге аттанғаны талайларды таңғалдырды. Провинциялық қаланың полициясы қайтыс болған әйелді орнынан қозғағанда таңданарлық жайға тап болды. Өз көздеріне өздері сенер-сенбесін білмей, қоқыс салынған қаптағы 2 457 фунт стерлингті тауып алған кезде жағаларын ұстаған. Әйелдің банк шотында 900 000 фунт стерлинг шамасында қаражаты болған. Жүрек талмасынан қаза тапқан жанның өліміне күдікті ештеңе де байқалмаған. Оның тірлігінде жиіркене қарайтын туыстары мен көршілері қайыршы әйелдің өздерінен әлдеқайда есе бай екенін білгенде сасқалақтап қалды. Жұрт пікірі екіге жарылып, ол басқаша өмір сүру жолын білмегендіктен көшеде қаңғыған деген ойлар айтылды.

ҰЛҒА АЙНАЛҒАН АУҒАНДЫҚ ҚЫЗ



Ауғанстандық қыз 10 жылдан астам уақыт әкесі үшін ер бала кейпіне енген. Оның себебі де жоқ емес. Ұлдары болмаған ата-ана қыздарын «баша-пошқа» айналдыруға шешім қабылдаған. Өзінен бөлек 3 әпкесі мен 1 сіңлісі болса да 18 жастағы Сатира Ватафар 10 жыл бойы әкесімен бірге түрлі қиын қызметтерді атқарып, ұлға айналған.

Үстіне ер адамның киімін кигізіп, 8 жасынан бастап түрлі ерлер атқаратын ауыр жұмыстарға салған. Аптасына алты күн кірпіш зауытында қызмет еткен қыздың түр-тұлғасы мен күш-жігері де ұлдан айнымай қалған. Сатира Ватафар кей сөзінде өзінің қыз бала екендігін тіпті ойына алмайтынын да жеткізген. Ал ата-ананың айтуынша, олар мұндай қадамға ер баласы болмағандықтан, әлеуметтік қысым көрмеу үшін барған. Endігі кезекте қыздың болашағы көпшілікке беймәлім.

ӘЙЕЛ АСҚАЗАНЫН АУЫРТҚАН 2350 ТАС



Үндістанда болған оқиға біраз адамның таңдайын қақтырды. Елдің таңданысын туғызған жайт әйел асқазаны ауырған сәттен басталған. Бірақ жаны тәтті үндістандық ота жасауға бірден келісім бермеген. Десе де дерттің қысқанына шыдамай ауыр отаға түсу туралы шешімге келген.

30 минутқа созылған ота жаға ұстатарлық жағдайда өткен. Жарты сағаттың төңірегінде дәрігерлер әйел асқазанынан 2350 тасты алып шыққан. Сөт санап табылып жатқан тастарға қарағанда дәрігерлердің зәрелері әбден ұшқан. Десе де ота сәтті аяқталды. Бірақ дәрігерлердің айтуынша, бұл рекордтық жағдай емес екен. 1988 жылы британиялық дәрігерлер германиялық әйелдің ішін 3110 тастан босатқан.

■ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛЫ

Жуырда Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекеге қабілеттілікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Алматы облысы бойынша департаментінде техникалық шарттар беру және табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін қосу туралы түсіндіру жұмысы өтті.

Оған өңіріміздегі кәсіпорындар мен көршілес аудандағы аталған салада жұмыс істейтін сала мамандары қатысты. Жиналысты аталған департамент басшысының орынбасары Гүлнар Шарапиева басқарып, түсіндіру жұмысын департаменттің бөлім басшысы Арман Асқарбекұлы жүргізді.

– Қазіргі таңда өңірімізде техникалық шарттарды беру мен табиғи монополия субъектілерін реттеу, сондай-ақ, тұтынушылардың құқығын қорғау аясында жаңа жобалар атқарылып жатыр. Мұны ең алдымен осы сала мамандары толық білуі, түсінуі, қызмет барысында тиімді пайдалана алуы керек. Осыдан кейін тұрғындар мен өзге сала мамандарына түсіндіріп, бірлесе жұмыс істеп, ортақ нәтижеге қол жеткізген жөн, – дейді ол.

Осыдан кейін электр, жылу, газбен жабдықтау және су бұру желілерін қосудың шарттарын толығымен түсіндіріп берді. Сонымен қатар, табиғи монополия қызметіне көрсетілетін қызметті қосуға қатысты өтініштерді қабылдаудың тәртібін саралады. Одан ары техникалық шарттарды беру туралы өтініштерді қарауда кездесетін қиындықтар мен оларды реттеудің жолын тілге тиек етті. Осы барыста талап етілген құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда өтініш екі күннің ішінде иесіне қайтарылатындығын ескертті. Егер өтініш қарауға ұсынылған жағдайда сол күннен бастап бес жұмыс күннің ішінде жауап берілетіндігін атап өтті. Сонымен қатар, өкілетті орган техникалық шартты беруден бас тартқан, көрсетілген қызметтерге қолжетімділік болмаған жағдайда қалай істеу керектігі, басқа да жолдары айтылды.

Қысқасы, жиналысқа қатысқандар техникалық реттеу туралы тың ойға кенеліп, өздері білмейтін жұмыс тәртібі туралы ақпарат алып қайтты.

Қ. ОМАРАҚЫН

■ ШАРУАШЫЛЫҚ



КІШІҚАЗ МАЛҒА ЖАЙЛЫ

Серік САТЫБАЛДИЕВ,
"Жетісу"

Мал саны бойынша облыста алдыңғы орында тұрған Жамбыл ауданында төрт түлікті өсіруге қашаннан ерекше көңіл бөлініп келеді. Мұнда жарты миллионның үстінде қой-ешкі бар. Оның сыртында шамамен 80 мыңнан аса ірі қара мен 20 мыңға жуық жылқы бағылады. Осы малдың басым бөлігі бүгінде жайлауда.

Аудан орталығы Ұзынағаш ауылдық округі бойынша Кішісаз, Ойбастау, Көлбастау, Тасқора, Сарыжазық жайлауларының шөбі шүйгін, сайсаласы жылда жаз айы басталысымен төрт түлікке толады. Биыл да солай. Аталған жерлерде ұзынағаштықтардың иелігіндегі 2500 ірі қара, 17 мың қой-ешкі, 1100 жылқы таудың салқын ауасында балауса шөппен қоректенуде. Қазақтың ежелден қалыптасқан жайылым ауыстыру дәстүріне сай жаз шыға малын жайлауға өргізетін шаруашылықтардың бірі – «Сұңқар» шаруа қожалығы. Оның иесі ауданның және Алматы облысының Құрметті азаматы Дүйсебек Малдыбаев (суретте) бұл салада мол тәжірибесі бар білікті маман. Кезінде ірі шаруашылықтарда бас зоотехник, бөлімше басқарушысы, директордың орынбасары сияқты лауазымды қызметтер атқарған ел ағасы жасы жеткістің мол үстіне келгенімен әлі де еңбектен қол үзбей, мал шаруашылығын дамытуға сүбелі үлес қосудан жалыққан емес.

«Сұңқар» шаруа қожалығының негізгі малы Кішісаз жайлауында. Тау баурайы салқын, шөбі шүйгін, суы таза болғандықтан малға аса жайлы. Мұнда күзге дейін қоң жинап, көктемдегі төлі жылдам ет алып, өсіп, күздеуге күйлі түседі. Дүйсебек ағаның айтуынша, қожалықта барлығы 1800 қой, 180-дей ірі қара, 150-ге жуық жылқы бар. Қазір сауын сиырдан басқасының дені жайлауда. Ауыл маңындағы қашарда қалған 50-60 сиыр ертелі-кеш сауылып, сүті келісімшарт бойынша Еңбекшіқазақ ауданындағы «Фуд Мастер» сүт зауытына өткізіледі. Арнайы салқындатқышта сақталатын сүтті аталған зауыттан күнара көлік келіп, майлылығын тексеріп қабылдайды.

Қожалық қазір қысқа қажетті жемшөп қорын жинау қамында. Оған керек техниканың барлығы өзінде бар. Бірнеше трактор, жүк көліктері мен арнайы техникалар жұмысқа қай кезде болсын сақадай-сай дайын тұрады. Шөптің негізгі бөлігі жинап алынды, енді жоңышқаның екінші шабысы, сабан жинау қалды. Иелікте 550 гектар жері бар. Оның басым бөлігі мал жайылымы болса, 15 гектары жүгері, 7 гектар көпжылдық шөп, 100 гектар арпа-бидайға арналған. Енді аз уақытта арпа мен бидай алқабы шабылады, жүгері орылып, одан сүрлем дайындалады. Шаруашылық малын қыстан қоңды шығару үшін 250 тонна шөп, 120 тонна жем, 400 тонна сүрлем қажет. Ол меже орындалатынына ет және сүт өндірісін жолға қойған қожалық басшысының сенімі мол.

Жамбыл ауданы

■ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

ШІЛІҢГІР ШІЛДЕ БОЛҒАНДА

Жаз айлары мектеп оқушылары үшін ерекше уақыт. Сабақ барысында апта соңындағы күндер демалыс болып есептелгенімен, жаз кезіндегідей еркіндік бере алмайды. Осыған орай «Күншуақ» жазғы демалыс лагері өз жұмысын бастады.



Шынында жаз мезгілі балалардың үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өз қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Сондықтан ұстаздарға оқушының бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттаудың мәні зор. Бос уақыт дене және ақыл-ой қызметін тынықтыратын, денсаулығын жетілдіретін іс-әрекетке жұмсалуы тиіс. Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу – шыңдалу мәселесімен қатар түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды.

Балалардың жазғы демалысын ұтымды пайдалану мақсатында олармен түрлі шаралар өткізуді жоспарладық. Айта кететін болсам, Талғар қаласында орналасқан «Табиғат» мұражайына және Алматы қаласындағы орталық саябақтағы хайуанаттар бағына саяхатқа шығу жоспарланды. Аталған іс-шаралардан басқа да тілдік сабақтар, музыка пәні, денешынықтыру сабақтары да тартымды өтіп, балалардың күннен-күнге қызығушылығы арта түсті.

Сонымен қатар «Кім жылдам?», «Ойлан, тап!», т.б. ойын түрлері арқылы оқушылардың танымдық қабілетін арттыруға арналған жаттығулар орындады. Түрлі спорттық эстафеталар өткізу арқылы дене тәрбиесінің мұғалімі Ербол ағай балаларды спортты сүюге, денені шынықтыруға баулыды. «Менің бір күнім», «Жадырап жаз келді!», т.б. тақырыптарда эссе жазды.

Лагерь жетекшісі Н. Ақжігітованың жасаған жоспары бойынша барлық іс-шаралар өткізілді. Тәрбиешілер түрлі қызықты ойындарды қолдана отырып, балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Бұлбұл СӘЛІМБАЕВА
Бәйтерек ауылы, Еңбекшіқазақ ауданы

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 82 (18502)
Сенбі, 28 шілде, 2018 жыл.

БҮТІНГІ НӨМІРДЕ:

ЕЛУ ЖЫЛДА ЕЛ ЖАҢА
2-бет



АЛАМАН
"Жетісудың" спорт алаңы
7-бет

ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП
8-бет



ЭРІПТЕСТІК

Жетісу жері алдағы уақытта тағы да бірқатар сәулетті ғимаратпен толықпақ. Бұл туралы облыс әкімі Амандық Баталовтың төрағалығымен өткен кездесуде айтылды. Облыстық мекеме басшылары, елімізге танымал құрылыс компаниялары төрағалары және сала мамандары, Қазақстан Сәулетшілер мен Дизайнерлер одақтарының мүшелері және аудан, қалалардың бас сәулетшілері шақырылған жиында жеті нысанның жобасы таныстырылды.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Ең бастысы, бұл нысандар мемлекет пен бизнестің әріптестігі аясында салынады. Шара аясында облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы өңіріміздің құрылыс саласындағы жаңалықтар туралы баяндап, мемлекет пен бизнестің әріптестігі аясында бой көтеретін нысандардың құрылыс жобасы, сәулеті, жұртқа тигізетін пайдасы, облыстың өркендеуіне қосатын үлесі туралы сөз етті.

Сондай-ақ, құрылыс жұмысы барысында ескерілетін мәселелерді алға тартып, оны құрылыс компанияларының басшыларымен келісе отырып, ортақ байламға келетінін білдірді.

Расында, облысымызда кейінгі жылдары құрылыс саласының тамырына қан жүгіріп, өлкемізде көз сүйсінетін ғимараттар бірінен соң бірі бой көтере бастады. Саннан гөрі сапаны басты орынға қоятын жерлестеріміз құрылыс басталмас бұрын оған тапсырыс беруші және жобалаушы мекемелердің, мердігер компаниялардың жұмысын саралап, сараптап алуды дәстүрге айналдырды. Осы реткі кездесуде Талдықорған қаласындағы жабық жеңіл атлетикалық жарыс алаңы, Қарасай ауданы Райымбек ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені және Әйтей ауылындағы 1200 орынды орта мектеп, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш кентіндегі 250 төсектік аурухана, Қапшағай қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен 400 орынды Мәдениет үйінің ғимараты, Талдықорған қаласындағы жабық жүзу бассейні сияқты нысандардың жоба-жоспары қаралып, алдағы жұмыс барысы талқыланды.

Шара аясында аталған нысандарды салуды жауапкершілігіне алған «Элит Строй» ЖШС, «BI Urban Construction» ЖШС, «Базис» ЖШС-лардың төрағалары мен мамандары «Жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын» алға тартып, өңірдің өркениеті мен елдің болашағы үшін қолдан келер көмектен аянып қалмайтынын тілге тиек етті. Тіпті, мемлекет пен бизнестің әріптестігі арқасында атқарылған жобалардың екі жаққа да тиімділігін баяндады.

Олардың айтуынша, кәсіпкерлердің қаржысымен салынатын нысандар ел өмірінің өркениетін еселей түседі. Ал кәсіпкер шығын еткен қаржыны мемлекет келісілген мөлшері бойынша бірнеше жылда төлеп береді. Демек, бір жағынан кәсіпкер азаматтардың елжандылығын айқындайтын жоба, екінші жағынан экономиканы өрлетіп, әлеуметтің әлеуетін арттыруға сеп болады.

СЕССИЯ

МАҚСАТТЫ ШАРАЛАРҒА ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ

Мәслихаттың кезектен тыс XXXIV сессиясында облыстың экономикасы мен әлеуметтік жағдайын көтеретін бірнеше мәселе қаралды. Онда облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 15 желтоқсандағы «Алматы облысының 2018 – 2020 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №26-128 шешіміне өзгерістер енгізу барысы сөз болды. Сондай-ақ, 2018 жылға арналған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау жайы әңгіме арқауына айналды. «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы жанындағы депутаттық фракцияның 2018 жылғы 6 айда атқарған іс-шаралары тыңдалды.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Гүлжан ТҰРСЫН,
"Жетісу"

Бірінші мәселе облыстық бюджетке өзгертулер енгізу барысына арналды. Республикалық бюджеттен мақсатты шараларды жүзеге асыруға қосымша 21,2 млрд. теңге бөлінгендігі нақты цифрлармен айтылды. Мысалы, ағымдағы нысаналы трансферттер 12,7 млрд. теңге, облысты дамытуға арналған нысаналы трансферттер 7,2 млрд. теңге, бюджеттік кредиттер 1,3 млрд. теңгені құраған. Ағымдағы нысаналы трансферт көлемі жаңартылған білім беру бағдарламасына орай бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын жүзеге асыру, білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеу үшін 9273,1 млрд. теңге қарастырылған. Автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге 2 399,1 млн. теңге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға 1845,6 млн. теңге, елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 1324,7 млн. теңге, газ тасымалдау жүйесін дамытуға 1500 млн. теңге қарастырылған.

Сессияда жергілікті бюджет есебінен келесі шараларға қосымша қаражат қарастыру ұсынылды. Тұрғын үй құрылысына *63,4 млн. теңге*, картоп бағытындағы екі сервистік-дайындау орталықтарын құруға *134,9 млн. теңге,* «Цифрлық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 219,5 млн. теңге, оның ішінде мектептерге WI-FI роутерлер арқылы кең жолақты Интернет желісіне *299,8 млн. теңге* бөлінетіндігі айтылды. Сессия барысында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларды жүзеге асыру жайында әңгіме қозғалды. Бұл орайда жол картасының аясында жыл сайын кем дегенде 5 мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жүзеге асыру жоспарланған. Жиында екі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары бойынша ұсыныс енгізілгендігі айтылды. Бұл – «Алматы облысының Талғар ауданында мүгедек балаларға арналған күндізгі оңалтылық» және «Текелі қаласындағы Спорт кешені» жобалары. Бірінші жоба бойынша мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету және педагогикалық шаралар жүргізетін күндізгі орталық құру көзделеді. Бұл орайда мемлекет тарапынан шығын мөлшері 211,4 млн. теңгені құрайды. Қаржы үш жыл ішінде жеке әріптеске төленуі тиіс. Екінші жоба бойынша Текелі қаласындағы Спорт кешенінде ауыр атлетикамен шұғылдану үшін екі зал қолданысқа берілмекші. Мекеме «Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ оқушыларының қажеттілігіне қарай жабдықталады. Мемлекет тарапынан шығатын шығын 41 млн. теңгені құрайды. Қаржы жекеменшік әріптеске бес жыл ішінде жалдау ақысы түрінде төленеді. Бұл – бұқаралық спортты дамыту және спорт инфрақұрылымының халыққа қолжетімділігін арттыруға жұмсалады.

(Соңы 2-бетте).

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

Сарқан ауданына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Аңсар МҰСАХАНОВ және Төлеубек МҰҚАШЕВ арнайы іссапармен келіп, тұрғындармен кездесу өткізді.

ЕГІСТІК АЛҚАБЫН АРАЛАДЫ

Жергілікті жердің тыныс-тіршілігімен танысқан Аңсар Тұрсынханұлы мен Төлеубек Төлеуұлы жұртшылықпен жүздесіп, елдің мұң-мұқтажына құлақ түрді. Сапар барысында жоғарғы палата депутаттары ауданның егістік алқаптарын аралап, Елбасының тапсырмасы – қант қызылшасын өсіріп-өндіру барысын қадағалады. Сондай-ақ, ауданымыздағы ең ірі мекемелердің бірі «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ұжымымен кездесіп, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуінің орындалу барысына тоқталып, іске асырылып жатқан бағдарламаларды түсіндірді.

Халық қалаулыларымен кездесуде елдің ертеңі жайында сауал қойған сайлаушылардың сұрақтарына тиісті жауап берілді.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы



ТІРШІЛІК НӘРІ

ТОҒЫЗ КӨШЕГЕ СУ ҚҰБЫРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

«Су – тіршілік нәрі». Халықты ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында елімізде көптеген жұмыс атқарылуда. Соның біріне тоқталар болсақ, «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында ауданымызда қолға алынып, жүзеге асырылып жатқан Бақбақты ауылдық округіндегі су құбырын салу жұмыстары. Аудан басшысының басты назарында тұрған нысан жұмысын мамыр айында бастады.







Ауыл халқын ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылып жатқан жұмыс барысымен жақынырақ танысу үшін осы аптада сол Бақбақты ауылына арнайы барып қайттық.

Округтің әкімі Қали Сәтбаев тілшілерді күтіп алып, су қоймасына жол бастап барды. Осы жерде бізді ауылға су құбырының жүргізілуіне жауапты мекеме «Фуд-МС» ЖШС-нің құрылыс басшысы Ғалымжан Омаровпен жолықтырды. Су құбырын жүргізудің хас шеберіне айналған білікті маманның жұмыс тәсілін көзбен көріп, тәнті болдық.

Әңгіме барысында Ғалымжан Омаров жоспарланған жұмыстың бүгінгі таңда елу пайызы атқарылғанын айтты. Қарқынды жүргізіліп жатқан жұмыс жүйесінің бірі – 600 текше метрлік екі бірдей су қоймасының құрылысы. Сонымен қатар, көшелерге қойылатын 97 құдықтың 50 данасын өздері арнайы қалыппен пішінге салып құйған. «Бұл тәсіл біз үшін ұтымды әрі тиімді» дейді құрылыс басшысы.

Ауыл көшелеріне жалпы ұзындығы 7 шақырымды құрайтын су құбыры толық жүргізілгеннен кейін су қоймасындағы бұрынғы 25 текше метрлік су мұнарасын 50 текше метрлік жаңа мұнарамен ауыстыратындығын әңгіме арқауына айналдырды.

Бақбақты ауылында 930 түтін болса, халық саны 4141 тұрғынды құрайды. Ауылдағы 28 көшенің осыған дейін 9-ына су құбыры жүргізілген. Осы атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде биыл тағы да 9 көше тұрғындары ауызсумен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, қалған 6 көшеге де болашақта су құбыры жүргізіледі деген жоспар бар.

Ауыл халқын жүз пайыз ауызсумен қамтамасыз ету болашақтың еншісінде екендігін ауыл әкімі бізбен болған әңгіме барысында тілге тиек етті.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы

ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

ӨНІМ МӨЛШЕРІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Алтын түстес алқаптағы жиын-терін жұмыстары күннен-күнге қарқынды жүргізіліп, дала төсінде берекелі істің көрігі қызып жатыр.

Ұлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

Биыл Талғар ауданы бойынша егіс алқабы 33895 гектарды құрады. Оның 13725 гектары дәнді дақылдар болса, 3744 гектары күздік, 9425 гектары жаздық дақылдар. Бұдан өзге 4860 гектарға майлы дақылдар, 3785 гектарға картоп, 2721 гектарға көкөніс пен 220 гектарға бақша дақылдары өсірілген. Ал 8584 гектар жердегі жем-азықтық дақылдар да бітік шыққан.

Жазғы күтіп-баптау шараларын мерзімінде жүргізіп отыру – мол өнім алудың кепілі. Бұған дала еңбеккерлері айрықша ден қояды. Егістікке органикалық тыңайтқыштардың уақытылы себілуі де өзіндік септігін тигізеді. Бұл орайда, «КазФосфат», «КазАзот», «КазАгроХолдинг», басқа да жауапкершілігі шектеулі серіктестіктермен келісім-шарт жасасып, осы мақсатта 1500 келі тыңайтқыш, 1896 литр өсімдіктерді зиянкестерден қорғау мақсатында ауылшаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицид қолданылды. Бүгінгі күнге шөп шабудың бірінші кезеңі аяқталып, 6334 гектардан өнімділігі 32,4 центнерді құрайтын 20522 тонна өнім алынды. Осы күні күздік дәнді дақылдар мен жаздық арпа жинау жұмысы қызу жүріп жатыр, – дейді аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Ермек Толқынов.

Науқан жұмыстары аталған аудандағы ең ірі шаруа қожалықтарының көшбасшысына айналған «Байсерке-Агро», «ЛаФаттория», «Амиран» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде қарқынды жүріп жатыр. Егіс алқаптарында 15 комбайн, 7 жүк көлігі және 40-тан астам адам еселі еңбек етуде. Ширақ іс-қимылдың арқасында қамбаға 120 мың тонна күздік арпа, 570 тонна жемдік бидай және 50 тоннадан артық сұлы түсті.

Талғар ауданы

■ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ АМАНДЫҚ БАТАЛОВ ОСЫ АПТАДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ АРАЛАП, АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ МӘН-ЖАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ. АЛҒАШҚЫ САПАРЫ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНА ІРГЕЛЕС ОРНАЛАСҚАН КӨКСУ АУДАНЫНДАҒЫ КӨКСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫ МЕН «КАРИМОВ» ТАУАРЛЫ-СҮТ ФЕРМАСЫНАН БАСТАЛЫП, ЖАРЛЫӨЗЕК АУЫЛЫНДАҒЫ «ЖАМБАЙ» ЖӘНЕ «КЕҢ ДАЛА» ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕГІС АЛҚАПТАРЫНДА ЖАЛҒАСТЫ.



КӨКСУДАҒЫ ШАРУАҒА КӨҢІЛ ТОЛАДЫ

«Кең дала» шаруа қожалығы былтыр қант қызылшасының әр гектарынан 600 центнерден аса өнім жинап, басқа әріптестеріне үлгі көрсетіпті. Биыл қант қызылшасын жайқалтып өсіріп отырған шаруа қожалығы гектар түсімін 700 центнерге жеткізбекші. Шаруашылықтың егіс алқабын аралаған өңір басшылары жоспардың ойдағыдай орындалатынына сенімді.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Өңір басшысын облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров пен облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексембай Бекішев, Көксу ауданының әкімі Алмас Әділ қарсы алып, өңір жағдайынан хабардар етті. Олардың айтуынша, өткен жылы 9,2 мың гектар жерге себілген қант қызылшасынан орта есеппен гектарына 350 центнерден өнім жиналыпты. Биылғы 12 мың гектарға себілген тәтті түбірден де мол өнім алынады деген болжам бар. Оның үстіне Көксу және Ақсу қант зауыттары заманауи өлшемге сай құрылғылармен жаңартылып, өндіріс қуаты арта түскен. Тіпті, «Көксу қант зауыты» ЖШС биылдан бастап газбен жұмыс істеп, жанар-жағармай шығымын 20 пайызға азайтып, қалтаға түсер қаржы көлемін көбейтудің қамында.

Зауыттағы қызу жұмысты аралатып көрсеткен «Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Әділбек Абатовтың айтуынша, жаз бойы зауытқа газ тарту жұмысына 250-ге тарта адам жұмылдырылған. Бұрынғы Кеңес одағы кезіндегі көнерген құрылғылар Швейцария, Германия, Украина, Ресей, тағы да басқа елдерден алынған заманауи жабдықтармен ауыстырылыпты. Сонымен қатар, қант қызылшасы жиналатын алаң толығымен цементтеліп, жаңартылған. Жөндеу жұмыстары 5 қыркүйекте толығымен аяқталып, 20 қыркүйектен бастап өнім қабылдай бастайды.

– Зауыт биыл 300 мың тоннадан астам қант қызылшасын қабылдауға қауқарлы. Жаңартылған құрылғылар өнімнің сапасын арттырып, еңбек күшін үнемдеу, қант қызылшасын қабылдау мүмкіндігін жақсартады. Яғни, алдағы уақытта жаңа құрылғылардың көмегімен қант қызылшасының әр тоннасынан алынатын таза өнімнің мөлшері арта түседі, – дейді зауыт директоры.

Қант зауытына жақын маңдағы төрт аудан еңбеккерлері өсірген қызылша өткізіледі. Көксу ауданының әкімі Алмас Әділдің айтуынша, аудан бойынша 300-ге жуық шаруа қожалығы қант қызылшасын өсірумен айналысады. Олар биыл екі мың гектардан астам жерге қант қызылшасының сапалы тұқымын сеуіпті. Гектар берекелілігін 370 центнерден асыруды жоспарлап отыр.

Зауытты аралап көріп, ондағы жұмысшылармен сөйлесіп, мамандардың пікірін толық тыңдаған облыс басшысы бұрынғыдай адам күшін қажет етпейтін, компьютермен жабдықталған заманауи зауыт қондырғыларының кім-кімді болса да қызықтыратынын тілге тиек етті. Сондай-ақ, биыл қант қызылшасының әр гектарына 18 мың теңгеден демеуқаржы төленетінін жеткізді. Еске салсақ, өткен жылы әр гектар қант қызылшасына 17 мың теңгеден төленген болатын. Бұл да қызылшашыларға серпін берері хақ. Осындай жағымды жаңалықтармен бөліскен өңір басшысы зауыт басшылығы мен жұмысшыларға осы қарқынды әлсіретіп алмай, өнімді уақытында өңдеп бітіруді тапсырды.

Мұнан соң облыс басшысы «Каримов» ЖК-ның 400 басқа арналған тауарлы-сүт фермасына барып, шаруашылық жұмысымен танысты. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде құрылған ферма бүгінде сүтті бағыттағы ірі қара ұстап отыр. Ферма басшысы Олжас Каримовтың айтуынша, мұндағы сиырлар Германиядан сатып алынған, шаруашылықта оларды сауатын 4 роботтандырылған жүйе кешені орнатылған. Бүгінгі күні төлдеген 309 сиырдан тәулігіне 10 мың литр сүт сауылады. Жыл соңына дейін тағы 66 бас сиыр алу жоспарда бар.

Жарлыөзек ауылындағы «Жамбай» шаруа қожалығының жетістіктерін де жұрт біледі. Сондықтан сапардың келесі бағыты аталған шаруа қожалығының егіс алқабында жалғасты. Иелігінде 80,5 гектар суармалы жері бар «Жамбай» шаруашылығы осы маусымда 10 гектарға бидай, 10 гектарға қызылша, 50 гектарына соя, басқа жерлеріне көпжылдық шөп егіпті. Егін бітік шыққан, қазір шөп шабу науқаны жүріп жатыр. Шаруашылық жетекшісі Серік Наурызбаев мемлекет тарапынан тұқымға, гербицидке, тыңайтқышқа, суға субсидия беріліп, қолдаудың арқасында шаруалардың жермен жұмыс істеуге, ауылшаруашылығы дақылдарын өсірумен айналысуға деген ынтасы артқанын айта келе қамқорлық шаралары үшін ризашылығын білдірді.

Көксулықтар биыл 2 мың гектардан астам алқапқа қант қызылшасын екті. Ауданда 280-нен астам шаруа қожалығы тәтті түбір өсірумен айналысады. Солардың бірі – «Кең дала» шаруа қожалығы. 2015 жылдан бері қант қызылшасын өсірумен айналысып келе жатқан шаруашылықтың егіс алқабын аралап көрген өңір басшысы мұндағы қызу еңбекке ризашылығын білдірді. Жаңа технология мен заманауи техниканы қоса қолданып, өнім көлемін арттырып жатқан еңбеккерлердің игілікті ісіне тәнті болды. Аталған шаруашылықтың соя және қант қызылшасы егілген алқабын көріп, ондағы жетістікке көңіл толатындығын білдірді. Айта кетерлігі, қазіргі таңда облысымызда үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді біріктіріп, кооператив желісін дамыту бағыты қолға алынуда. Ол үшін сүт қабылдау, мал сою, құс шаруашылығы пункттерін ашу және жеміс-көкөніс, картоп қабылдау, сақтау, шағын құрамажем зауыты, сервистік даярлау орталығын құру, техника сатып алу, тағы да басқа жобаларды іске асырушы ауылшаруашылық кооперативтеріне басымдық берілген. Осы тұрғыдан келгенде «Кең дала» шаруа қожалығы сол жердегі ауылдастарының басын қосып, шағын шаруашылықтарды демеп, оларға қолдау танытып, ауқымды жұмыстар атқарып жатқандығын байқадық. Аталған шаруашылық жетекшісі Қалибек Демегенұлы осы бағыттағы жұмыстарды өңір басшысына баяндап берді. Тіпті, «Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ лизингпен жаңа техника алып, шетелдік тұқым сеуіп, өнім көлемін еселей түсіпті. Сондай-ақ, бүгінгі таңда өңірде суармалы егіс көлемін айналымға енгізу мәселесі де өзекті болып отыр. Өңір басшысы облысымызда айналымнан шығып қалған суармалы жерлердің жалпы көлемі 127 мың гектарды құрағанын айта келіп, бұл проблеманы шешу үшін «Ислам Даму» банкі есебінен суландыру жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстарына қомақты қаржы бөлінгенін жеткізді. Биыл соның 40 мың гектарға жуық жерін суландыру жұмысы аяқталмақ. Сол жоспардың ішіндегі төрт ауданның біріне Көксу ауданы еніп отыр. Демек, бұл көксулық диқандардың жігерін жанып, «Кең дала» шаруа қожалығы сияқты ұжымдардың серпіле жұмыс істеуіне негіз болмақ.

Аудандағы қызу тірлікті көрген облыс басшысы берекелі істерге ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, осы жетістіктің жібін үзіп алмай, одан ары жалғастыру керектігін аудан және шаруашылық басшыларына тапсырды.



● Биыл көксулық диқандар 31 мың гектар алқапқа бидай, арпа сияқты азықтық дақылдар, күнбағыс, майбұршақ, мақсары сияқты майлы дақылдар мен картоп және мал азығына пайдаланатын көпжылдық шөптерді екті. Осыншама алқаптағы өнімді жинауға жанар-жағармай жеткілікті, техника да сақадай сай.




● «Көксу қант зауыты» ЖШС-нің жөндеу жұмыстарына 250-ден астам адам тартылған. Олардың бәрі де жергілікті тұрғындар. Өткен жылғы күрделі жөндеу жұмысын нәтижелі атқарса, биылғы зауытты газға қосу жұмысын да солар жауапкершілігіне алған», – дейді жөндеу цехының жетекшісі Қайрат Құндыбаев. Ол көмекшілері Айдын Қалиев, Мирас Дүйсенбиновтермен бірге «BBN» станогын құрастыруда.



● Жарлыөзектіктер биылдан бастап ұйымдасып жұмыс істеуге көшкен. Ауылдағы 15-тен аса шаруа қожалығы «Кең дала» шаруа қожалығының айналасына ұйысып, қант қызылшасын өсіруді бірлесе қолға алған.
– Бұл бастама біз сияқты жеріміз, күшіміз болғанымен техникадан тапшылық көріп жүргендерге қолдау болды. Биылдан бері қант қызылшасын егуді бастап едім, міне, қазірдің өзінде тәтті түбірдің әр талы 2 келі салмақты көрсетіп тұр. Бұл мол өнімнің кепілі, – дейді Жарлыөзек ауылының тұрғыны Қуаныш Ұзақов.

Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

■ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АЙДАРБЕК БАЙЖАНОВ ТЕКЕЛІДЕ ЖҰМЫСЫ БІТКЕН ГАЗ РЕТТЕУШІ ПУНКТТІ ЖӘНЕ СЫРЫМБЕТ АУЫЛЫНДАҒЫ ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫН БЕКІТУ, ҚҰРАУ СЫНДЫ СОҢҒЫ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ЖЕРЛЕРДІ ТЕКСЕРДІ.

ГАЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ БІРІНШІ ОРЫНДА

Серік ҚАНТАЙ,
"Жетісу"

Айдарбек Естебекұлы әуелі мерзімінен бұрын берілген Текеліге кіреберісте орналасқан газ реттеуші пунктті көрді. Бұл пункт жылдамдығы жақсы, қысымы жоғары газды құбырлар арқылы Ескелді ауданындағы Шымыр, Қарабұлақ, Матай Байысов, Ешкіөлмес, Абай, Орқұсақ, Жетісу, Екпінді мен Сырымбет ауылдарына және Текеліге жібереді. Жұмысты уақытынан бұрын бітірген «Ақниет групп» компаниясының қызметкері, жоба жетекшісі Александр Петлин: *"Тапсырыс беруші – облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы. Құны – 1 млрд.418 миллион теңге. Жұмысты былтыр қазанда бастап, биыл шілдеде табыстап отырмыз. Жоспар бойынша қазанда беруіміз керек. 100 пайыз жақсы жұмыс істеп, тамаша жылдамдықпен сапалы жасадық. АГРЭС-тің қуаты кәсіпорындарды есепке алғанда, Текелі қаласына жеткілікті. Эксплуатацияға келесі аптада өткіземіз"*, – деді өз сөзінде. Сағатына 43720 текше метр болса, қысымы – 12 атмосфера. Тағатсыздана күткен Текелі тұрғындары отызыншы тамызда газбен қамтылса, бұл уақытта Талдықорғандағы жұмыс толық аяқталуы тиіс.

Сырымбет ауылындағы Төле би көшесін бойлап келе жатқан газ құбырын көрген облыс әкімінің орынбасары «жақсы» деген баға берген Айдарбек Байжанов: *"Облысымызды газдандыру мәселесі бірінші орында тұр. Талдықорғанда барлығы дайын, десек те оны қосуға келгенде жұмыс қарқыны баяу жүріп жатыр"*, – деп мердігер компаниялардың басшыларына, қызметкерлеріне ескерту жасады. Қосымша отырыста Талдықорғандағы газ мәселесі сөз болды. Ол жерде облыс әкімінің орынбасары дәл қазір шаһарда жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын, ал оның алдында газ құбырларын орналастырып, тартуды жеделдету керектігін айтты. *"Жол салып болғаннан кейін газ құбырларын тарту деген мүлдем ақылға сыймайды. Жолды басқалар жақсылап жөндейді, ал артынша газ тартып жату қай сасқандарың? Мен осыған дейінгі жұмыстарды тікелей бақыладым, келесісін де қатаң бақылауға аламын. Талдықорғандағы мердігерлер өте баяу істеп жатырсыңдар"*, – деп жебелі сөзін нысанаға тигізіп отырды. Әлі де жұмыс қарқынын жылдамдату керектігін айтты. Қарабұлақта тоқтап тұрған жұмысты да тілге тиек етті. Жұмысына немқұрайлы қараған компанияларға сын айтты. 30-қыркүйекке дейін барлық жұмыстың аяқталуын талап етті. Ал «Тур-Газ» компаниясына шілдеде толық табыстаймыз деген жоспарларын орындамауға тағы он күн уақыт берді, олар мемлекет бюджетіне айыппұл төлейді.

Айдарбек Естебекұлы келесі аптада мердігерлердің басын қосып тағы бір жиын өткізетінін айтты. Ол кезде жұмыс қыздың жиған жүгіндей болуы керек.

ҒАЛАМШАР

ӨЛІМГЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗДІ



ҚЫТАЙДА ДӘМ-ТҰЗЫ ТАУСЫЛЫП, ТІРШІЛІГІ БІТКЕНДЕР БҰРЫНҒЫДАЙ ЖЕР ҚОЙНЫНА ТАПСЫРЫЛМАЙДЫ. БҰДАН БЫЛАЙ ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК ЖЕРЛЕУ РӘСІМІН БОЛДЫРМАУ ӘРЕКЕТІНЕ БАРЫНША КӨШКЕН. АТАЛМЫШ ЖАҒДАЙ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖЕР МӨЛШЕРІН САҚТАП ҚАЛУ МАҚСАТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСҚАН.

Дүниеден өткендерді жерлеуді «кремация» әдісі алмастырмақ екен. Бұл табытқа салынбай, адам денесінің күлге айналуы болса керек. Осы орайдағы жүйелі жұмыстар басталып та кеткен. Табытты тартып алу Цзянси провинциясы тұрғындарынан басталған. Сондай-ақ Ганьчжоу, Ичунь елді мекендерінде бейіттің болмау ісі жалғасын тапқан. Аталмыш елде адам өлімі орын алысымен оның мәйіті от құшқандығы туралы сертификат жергілікті атқамінерлердің қолына тиюі тиіс. Билік бұл жүйенің бар жоғы бір ай төңірегінде толық өзгеретінін алға тартқан. Бүгінде әлеуметтік желіні шулатқан мәселенің тағы бір толғандырар тұсы бар. Көптеген қытайдың мәйітін жер қойнына тапсырылуын арман етіп, өмір бойы 5 мың юань жинағандары белгілі болды. Бүгінде билік бүлінген табыттың тіпті толық сомасын да өтемеген. Экскаватордың табанына тапталған дүние үшін небары 2 мың юань қайтарған.

БАССЕЙНГЕ АЙНАЛҒАН ВОКЗАЛ



ШВЕЦИЯНЫҢ УПСАЛА ҚАЛАСЫНЫҢ ВОКЗАЛЫ ӘЛЕМДІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА ІЛІКТІ. ОҒАН СЕБЕП ҒИМАРАТ ІШІНДЕ БЕЛШЕСІНЕН СУ КЕШКЕН ХАЛЫҚ ТҮСІРГЕН БЕЙНЕРОЛИКТЕР. ТОЛАРСАҚТАН АСҚАН СУ КЕШІП, КҮНДЕЛІКТІ ТІРШІЛІКТЕГІДЕЙ ЕМІН-ЕРКІН ЖҰМЫСТАРЫН БІТІРІП, МЕКЕМЕ ІШІНДЕ АРЫ-БЕРІ ҚАТЫНАҒАНДАР КӨПШІЛІКТІ ҚАЙРАН ҚАЛДЫРДЫ.

Желіге жүктелген бейнероликтерде бәрінің бойынан көңілді эмоциялар ғана байқалған. Кейбірі тіпті, көлге баратын киімдерін сайлап, батып кетуден қорғайтын шарын ала келген. Вокзал емес, бассейнге түсуге келгендей жұздері жайдары жандардың қимыл-әрекеттері шынымен де қызықты. Белінен суға батса да швециялықтар мұндай сәттерге әбден көніп кеткен секілді. Расымен де Швецияда жауын-шашынның көп болатынына бой үйреткен олар үшін бұл айтарлықтай мәселе емес. Жазда Скандинав түбегіне түсетін нөсер суы тіпті мол көрінеді. Ақпарат көздерінің айтуынша вокзал ішіндегі көшкін демалыс күндері болған су тасқынының әсерінен орын алған.


ЖАСТАРЫ САУАТСЫЗ МЕМЛЕКЕТ



БРАЗИЛИЯДАҒЫ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ КҮРТ ТӨМЕНДЕГЕН. ОРЫНСЫЗ ОЛҚЫЛЫҚТЫ БАЙҚАҒАН АТҚАМІНЕРЛЕР ЖҮРГІЗГЕН САРАПТАМА БОЙЫНША МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ 70 ПАЙЫЗЫ ЖАЙ СҰРАҚТЫҢ ӨЗІНЕ ЖАУАП БЕРЕ АЛМАҒАН. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ТАПҚЫРЛЫҚ ПЕН ҚАБІЛЕТТІЛІК КӨРСЕТКІШІ ДЕ ӨТЕ ТӨМЕН.

Мұғалімдер қанша тырысып, білім нәрін бойларына дарытқанымен, қабылдауы мен оқуға ниеті төмен білімгерлер оң нәтиже көрсетпеген. Тексеру жүргізіп, тест тапсырмаларын өткізген уәкілетті орган неліктен мұндай халге түскендігінің түйткілін тарқата алмай әлек. Тестілеу барысында оқушылардың басым бөлігі берілген тапсырмаларға қиналып, тіпті түпкі мәнін түсіне алмаған. Бас-аяғы 70 сұрақтың бар болғаны 10-15 ғана дұрыс жауабын шешкен балғындар оқу үдерісінің төмендегеніне өкінбейтін секілді. Бразилиялық ғылыми қызметкер Вивиане дос Сантостың айтуынша мұның бәріне мұғалімдердің мардымсыз жалақысы әсер еткен. Көбісі бала көңіліне сауаттылық сіңірудің орнына жеке шауаларды жағалап кеткен. Осылайша өзге мемлекеттермен салыстырғанда білім жүйесінде құлдырап, оқу рейтингісінде тізім соңынан табылған. Статистика көрсеткіштері бойынша да оқушылардың 60 пайызы жоғары сыныпқа көшу емтиханынан сүрінеді екен. Әлем бойынша ең білімді ел атанған Финляндия бастаған сауатты мемлекеттер қатарына қосылу үшін бразилиялықтар алдында ұзақ жол жатыр. Осы орайда ел үкіметі ұстаздар жалақысын көтеріп, мектептегі футбол ойындарын тыйып, бала тәртібін тиянақтап, жаңа білім реформасын жүзеге асырмақ.


КУБА КОНСТИТУЦИЯСЫ САТЫЛЫМДА



БОСТАНДЫҚ АРАЛЫНЫҢ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ЖАҢА ЗАҢМЕН ТАНЫСУДА. «CORREOS DE CUBA» БАСЫЛЫМЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ ШІЛДЕНІҢ СОҢҒЫ КҮНІНЕН БАСТАП 32 БЕТТІК КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ САТЫЛЫМҒА ШЫҚҚАН. ТАҢҒАЖАЙЫП ТАБИҒАТЫМЕН ТУРИСТЕРІН ТАҢДАНДЫРҒАН АЙМАҚ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖАҢА ЗАҢ ЖҮЙЕСІН ОҚЫП, ӨЗ ПІКІРЛЕРІН ЖЕТКІЗУДЕ.

Жергілікті профессор Альфедро Гарсияның айтуынша Гавана халқы жаңа жүйені құптаған. Сондай-ақ Куба билігінің Ұлттық ассамблеясы елдің негізгі заңына өзгеріс енгізер реформаны мақұлдаған. Ендігі кезекте жаңа заң 13 тамыз бен 15 қараша аралығында жалпыхалықтық дауыс беруге салынбақ. Конституцияға президент лауазымы енгізіліп, оның қызметі 10 жылдан кейін шектеліп, жекеменшік құқығы кесілмек. Кубалықтар үшін негізгі қағиданың бірі социализмнің құрылысы да аталмыш конституцияда аталмақ. Сондай-ақ гендерлік белгілер бойынша кемсітушіліктің болмауы бірінші қатарға шықпақ.

ӨЗЕНІ ҚҰРҒАП, ЕГІСІ ҚҰРАҒАНДАР



ГЕРМАНИЯДАҒЫ АПТАП ЫСТЫҚ ШАРУАЛАРДЫ ШАШ ЕТЕКТЕН ШЫҒЫНҒА БАТЫРДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢНЫҢ ӨЗІНДЕ ЖАЛПЫ ӨНІМНІҢ ОТЫЗ ПАЙЫЗЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ДИҚАНДАР АЛДАҒЫ УАҚЫТТАН ТІПТІ ҚОРҚЫП ОТЫР. ӘРИНЕ, КҮННІҢ ТІКЕЛЕЙ ТӨНУІ ТОҚТАМАСА НЕМІСТЕР ҮШІН ЕГІСТІКТЕР МЕН МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МӘНІН ЖОЙМАҚ.

Өзен сулары тартылып, тіпті құрғап қалған. Аяқ астынан болған аптаптан ашатарылып қалған жергілікті тұрғындардың ендігі үміті тек үкіметте. Германияның солтүстігі мен шығысындағы жағдай мәз емес. Су келіп, көмек берілмесе соңғы бес жылдағы орташа көрсеткіштен 8 млн. тонна астық кем жиналмақ. Оның кесірі жергілікті фермерлерді 1 млрд. 400 млн. еуро шығынға ұшыратпақ. Егістік пен шөптің көп бөлігі құрағаны сонша, шаруалар малдары үшін қысқа сақтаған қоймасын ашқан. Бірақ Германияның кейбір аймақтарына күннің ыстықтығы, керісінше, көмегін тигізуде. Мәселен, Берлинде балмұздақ қызметі мен сыра кәсібі қызып тұр. Ми қайнатар ыстықта жүзімдер ерте пісіп, тіпті шарап өндірушілердің де табысы артқан.

Жетісу
1918–2018
№85 (18505), 4 тамыз, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

ӨЛЕҢ-ӨРНЕК

Бүгіндері асқаралы 60 жасты еңсеріп отырған Советхан ҚАЗИЕВ 1980 жылы қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетін бітірген. Қазір Алакөл ауданының Үшарал қазақ гимназиясында сызу және сурет пәнінен сабақ береді. «Қазақы қалжың», «Әжуәсіз әзіл», «Әзілің жарасса...» атты сатиралық жыр жинақтарымен қатар «Тағылымы көп төрт жыл», «Нұрлы да мұңды махаббат» деген естелік-повестердің авторы. 2016 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында облыс әкімінің демеушілігімен «Таң мен кештің арасы» атты жыр жинағы жарық көрген. Сурет өнері мен поэзияны қатар алып жүрген Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, ақын Советхан Қазиевтің өлеңдерін назарларыңызға ұсынуды жөн деп таптық.



Ақпарат ішіндегі жан сырынды



ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Өнердің қазық қаққан жоқ тұрағы,
Жайқалған жанымның ол көк құрағы.
Ішкі жан дүниемді тербететін,
Күмбірлете күй шерткім кеп тұрады.

Жүрсе деймін өзімді халық танып,
Не қылам бар-жоғымды алып қалып.
Толған кезде көңілім көп істерге,
Ән де салғым келеді шабыттанып.

Рухани байлығым бар бөлек-бөлек,
Солар маған жатады көмекке кеп.
Табиғаттың кей әсем көрінісін
Асығамын түсірсем кенепке деп.

Ақын жанның шықпайды сыртына түк,
Қарай алам ұялмай жұртыма тік.
Ішімдегі ақтарып бар сырымды,
Жыр жазғым кеп тұрады бұрқыратып!

КИЕЛІ ӨЛКЕМ – АЛАКӨЛ

Ысырып тастап сөзін елдің бөтен,
Сен менің өлкемді ұлы көрдің бе екен?
Жетісуда жайқалған жасауы әсем,
Алакөлім әркімге – торғын мекен!

Кеудесін тосып соққан құйын желге,
Келбетіңе кеп жатқан сүйінді өңге.
Көзімді алмай қараймын көліме ана,
Толқындарын жағаға үйіргенде.

Санамды небір жақсы ой кернеген,
Бос күнім болды ма өзі той көрмеген?
Ағысы Тентегімнің қатты қандай,
Ешкімге тасығанда бой бермеген.

Жанымызды жаз етер кімді білем,
Ұмыттырар сәттерді мұңды бір ең.
Алакөлім, сен биік шаңырақсың,
Шуақ тарап жататын түндігінен.

Үйқас қуар осыдан мықты ма ақын,
Шабыттанған талайдың ұқтым атын.
Атқан таң, батқан мына күнім қандай,
Сұлулықтың символын ұқтыратын.

Керемет, көркем неткен бүгінгі өңі,
Ашылды-ау жырымның да құлын демі.
Кімнің болсын дертіне шипа деймін,
Құбылам мен Ебімнің шырын лебі.

Қыздырсын табанды құм қызып тұрған,
Дәрілік шөп жинайды ел үзіп қырдан.
Шипалы Шошқа батпақ, Қоссорым бар,
Тіпті басқа елдерді қызықтырған.

Қаймықпай селден, ыстық, оттан, бауыр,
Тілі бөтен қаншама топтанды ауыл.
Араздықтың ауасын әкетті әрі,
Жоңғардың қақпасынан соққан дауыл.

Кімдерге сайын далам ұнамады,
Жұртымның байлығы ғой мына бәрі.
Тоғайым тұнып тұрған бұлдіргенге,
Жырларыма шумақ боп сұранады.

Ақынның өзі сыншы, өзі мінші,
Кеудемнен ән ұшты әне, соны ұғыншы.
Алакөл, мен үшін бір сияқтысың,
Әлемнің кереметі сегізінші!

АЛПЫСҚА КЕЛДІМ

Уақыт па, мен бе, кім мықты?
Қарттықтан келем тартынып.
Оңдырған жандай тірлікті,
Алпысқа жеттім алқынып.

Жаратқан, кешір ұлынды,
Жүрген бар кімдер көк тіреп?
Жыладым жандай бұрынғы,
«Бір күнім тағы өтті» деп.

Салмақты сөзді саналы,
Жеткізем ойды қос өрім.
Желге ұшып, міне, барады,
Керімсал мына кешегім...

Қиналған сәтте, қайғыда,
Көрсеттің көмек талайын.
Көңілден дарқан айныма,
Мерейің үстем, ағайын.

Жылжытып керуен көшті алға,
Шығады шыңға кім бірден?
Қол ұшын берген достарға,
Ризалық сезім білдірем.

Өткізіп шаттық, мұң бастан,
Көрмедік нені өмірден?
Сырғиды күнім тынбастан,
Қара суға да семірген.

Болмасын, мейлі, мол күтім,
Кеттім бе шырқап әлде тым...
Көрсеткен қырын болды күн,
Пейілі бұзық әлдекім.

Жаны жайсаңға қараймын,
Жүзінде әжім, қыртыс кем.
Тірлігін көргем талайдың,
Шаш жұлып, шаптан түртіскен.

Көрігі қызған даудың да,
Маңында болған сан найсап.
Кетпесін мыстан аузында,
Керімсал мына балдай сәт.

Жасамыс ердің жасы айқын,
«Қамықпа» дерсің босқа, аға.
Құйын-дәуренге жасайтын,
Думанды-желде, жоқ шара.

Білдіріп желік әр тұста,
Жүргем жоқ енді жинап ес.
Сонда да жүрек алпыста,
Деп соғар әлі «жиырма бес»!

ӨЛЕҢ, СУРЕТ БІР ТЕКТІ НӘЗІК ТҰЛҒА

(Сурет көрмесіне қойылған туындыларыма талдау)

Өлең – әуенді сурет,
Сурет – үнсіз өлең.
Симонкайде.

Қараңғыда сырласса емен, терек,
Шөптің басын сипайды жел еркелеп.
Құлынымды ақ қасқа, енесімен,
Таңды қарсы алдырдым мен ерте кеп.

Керемет түспен бояп дала таңын,
Табиғат айшықтайды дара тәнін.
Боталы түйе жатыр еш қаперсіз,
Ұнатып желдің жұмсақ алақанын.

Ұйқыға кеткен қызғылт жейдеменен,
Айдын көл жандай қазір бейне керең.
Сынарын іздеп, міне, аққулар жүр,
Махаббаттың символын бейнелеген.

Желсіз түнде жұлдыз да, ай да жарық,
Не жетсін сыр шертуге сайға барып.
Ат суғара келіпті екі бала,
Оңтайлы осы сәтті пайдаланып.

Таза ауада күйбің мол тірлікті ұмыт,
Саятшылық бұл да өнер,
Шын мықтылық.
Әне, екі атты қоянды тұра қуды,
Тыныш жатқан даланы дүрліктіріп.

Жетті күнге жер, міне, дамыл табар,
Қалмас бірақ шырша, ағаш жабырқап әр.
Тырп етпеген тіршілік атаулыға,
Ақ шапанын ұсынды ақ ұлпа қар.

Қысса кейде жыр-шабыт, дертім келіп,
Ынғайына кетемін еркін көніп.
Талғамыма қосылып талғам тағы,
Сезіміме жатамын серпін беріп.

Қош айтысып демде мен тіл-ғаламмен,
Басқа өнерге ауысам тың қадаммен.

Түрлі-түсті бояу ап сосын қолға,
Сурет салам кенепке қыл қаламмен.

Өлең, сурет екеуі нәзік тұлға ,
Туындайтын тауда да, жазық, құмда.
Өлеңменен кетеді кейде ұштасып,
Шабыттансам бір пейзаж жазып қырда.

Көрініс – әсем образ, тіліме тың,
Сурет салсам жөнім бар жүгінетін.
Жүрсем деймін оқырман, көрерменге
Қос өнердің дәлелдеп құдіретін!

ЖАҢБЫРСЫЗ ЖАЗ

Жүрсең де батырып күн, атырып таң,
Құтылмайсың мына ыстық қапырықтан.
Шөліркеген дәрменсіз жатыр дала,
Аспаннан көмек жоғын ақыр ұққан.

Құлшына іске кіріскен ел ертеден,
Енді, міне, сая іздер көлеңкеден.
Қуырып-ақ барады төңіректі,
Күн қызуы күшейіп, жер өртеген.

Қойса дағы теңгедей бұлт көрінбей,
Телміреді аспанға жұрт та ерінбей.
Көрсетер тек күншілдік аңызақ жел,
(Бола бере ме бәрі күткеніңдей?)

Жандардай көрмей жүрген ұйқы көптен,
Салбырап шөп біткеннің сиқы кеткен.
Бағбан жүр бақшасында күйіп-пісіп,
«Жемісі құрысын» деп, «бүйтіп еккен»!

Мына ыстықтан кетпейді кімдер ығып,
Шегіртке жоқ шырылдар күнде ерігіп.
Қара таппай қарақұс қалықтайды,
Жәндік біткен кеткен соң інге кіріп.

Қыбырлаған көрмейсің бір аңды анық,
Шыдам қалып барады,
Шыдам қалып.
Кебірсіген еріні жатыр дала,
Жауарына жаңбырдың күмәнданып...

КӨКПАР

Ат дүбірі қиқумен араласып,
Қалың тобыр бір қырдан барады асып.
Дес беретін түрі жоқ бір-біріне,
Кезек-кезек көкпарды ала қашып.

Жасаса да қысастық жел екпіні,
Салт аттылар жатқан жоқ елеп мұны.
Көзсіз ерлік болмасын,
Мұндайға да,
Бару үшін жүректің керек түгі.

Білек керек көкпарды ұстар мығым,
Тек шешеді мұндайда күш барлығын.
Сөзбен қиын жеткізу, желік билеп
Додаға түскендердің құштарлығын.

Жүйтки шауып, алысып ауыздықпен,
Жетер екен мәреге қай үздіккен?
Көсіліндер еркін бір,
Бүгін енді,
Батыраштай жоқ жолда жауыз күткен.

Ойнап өскен бәрі аттың құлағында,
Жүректілер жиналған сірә, мұнда.
«Нар тәуекел» деп шыққан жігіт болсаң,
Аттың басын додаға бұр, ағында.

Кеудең керек жоқ мұнда көк тіреген,
Ерлік керек қылмайтын оқты да елең.
Әне біреу шықты алға көкпарды алып,
Аты мықты, өзі де епті неткен.

Күйдіріп, тартқызса да азабын күн,
Кетер емес үстінен маза қырдың.
Батылдықтың мейрамы болған ойын,
Қашан болсын мақтаны қазағымның.

Советхан ҚАЗИЕВ,
Үшарал қазақ гимназиясының бейнелеу өнері, сызу пәнінің мұғалімі

Алакөл ауданы

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Алматы облысының әкімдігі еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары білімі бар мамандарды даярлауға конкурс жариялайды. Құжаттарды қабылдау 2018 жылдың 5-10 тамыз аралығында **І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде жүргізіледі**. Мекенжайы: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187а, анықтама телефоны +7 (728) 222 25 42.

№	Мамандық	Оқыту тілі	Көлемі
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті			
1	5В010200 Бастауышта оқытудың педагогикасы мен методикасы	Орыс	10
2	5В010900 Математика	Қазақ	10
		Орыс	10
3	5В011000 Физика	Қазақ	5
		Орыс	5
4	5В011200 Химия	Қазақ	5
		Орыс	5
5	5В011800 Орыс тілі мен әдебиеті		5
6	5В012200 орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті		5
7	5В011900 Шет тілі: екі шет тілі		5
Алматы технологиялық университеті			
8	5В070300 Ақпараттық жүйелер	Қазақ	5
Қазақ ұлттық аграрлық университеті			
9	5В120100 Ветеринарлық медицина	Қазақ	5
С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті			
10	5В130100 Жалпы медицина	Қазақ	10
		Орыс	10
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы			
11	5В040200 Аспаптық орындау	Қазақ	1
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті			
12	5В041900 Музей ісі және ескерткіштерді қорғау	Қазақ	1
М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті			
13	5В090600 Мәдени-демалыс жұмысы	Қазақ	1
Т. Қ. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы			
14	5В040600 Режиссура	Қазақ	1
15	5В040900 Хореография	Қазақ	1
	БАРЛЫҒЫ:		**100**

Құттықтаймыз!



Талғар ауданы Тұздыбастау ауылының тұрғыны, аяулы да ардақты анамыз **АНЫҚБАЕВА Орынқыз Төлепқызы** 8 тамызда асқаралы 60 жасқа толып отыр. Ұстаздық жолды таңдаған жан 40 жыл бойы Тұздыбастау ауылы № 31 орта мектебінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі қызметін атқарып, бүгінгі таңда құрметті зейнетке шыққан. Жүзі шуақты, бойы қуатты жан өз ортасының мақтанышына айналған. Мыңдаған шәкіртті білім нәрімен сусындатып, ұясынан ұшырған. Ұстаздық жолына жарты ғасыр өмірін сарп етіп, елеулі еңбек еткен жан «Ұлағатты ұстаз» медалінің иегері.

Аяулы анашым! Мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, мол бақыт, ұзақ ғұмыр, күндей арайлы көңіл күй тілейміз!

Бүгінде өз еркіңіз өзіңізде,
Бақыт нұры ойнайды көзіңізде.
60 деген, апыр-ай, жас екен деп,
Қызығады жастардың өзі сізге!
Асыл ана! Мақтанамыз сізбенен,
Ұрпағының бар бақытын іздеген.
Аман болып 100 жасаңыз, жан ана,
Үлгі болып сіз жасаған ізгі әлем.

ІЗГІ НИЕТПЕН: жұбайы – **Әбілқасым,** ұлдары – **Медеу, Асхат,** келіні – **Мөлдір,** қызы – **Құралай,** күйеубаласы – **Дастан** және немерелері – **Аяулым, Меруерт, Ердос, Айсұлтан, Батырхан.**

АҚ ДАСТАРҚАН

«Хакимова» жеке кәсіпкерлігінің директоры Ильмира Хәкімова «Fortuna Food» брендімен кең ассортименттегі кондитерлік өнімдерді шығарады. Кондитерлік цех нарықта 10 жылдан астам қызмет етіп, бүгінгі таңда 30 адамды жұмыспен қамтып отыр. Осыдан бірнеше жыл бұрын кәсіпкер жаңа технологияларды енгізу мақсатында шетелдік сарапшы шақыруды жоспарлаған болатын.



ТҮРІК ТӘТТІЛЕРІН ӘЗІРЛЕУДІ ҮЙРЕТТІ

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Жақында Ильмира «Аға сеньорлар» жобасының қатысушысы атанды. Жоба «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында басқарудың жаңа әдістерін, өндіріс технологияларын, жабдықтарды енгізу және персоналды оқыту мәселелері бойынша біліктілігі жоғары шетелдік мамандарды тартуға бағытталған.

«Аға сеньорларға» өтініш берген соң кәсіпорынға наубайлық және кондитерлік кәсіпте көпжылдық тәжірибесі бар Шахин Төрер деген түрік сарапшы-кеңесшісі шақырылды. Ол Газиантеп провинциясындағы Ислахие атты қаласында дүниеге келген. Балалық кезінен кәсіптің нәсібін білетін адам. Жеті жасынан шоколад фабрикалары мен кондитерлік цехтарда жалдамалы жұмыста жүріп, рецептураларды біле бастайды. Осылайша 25 жылдан бері Шахин Төрер кондитер, өндіріс басқарушысы, кеңесші ретінде ондаған еуропалық және араб мемлекеттерінде қызмет істеп келеді. Қазіргі таңда жеке фирмасы бар және әлем бойынша тәттілерді әзірлеу бойынша оқытуды жалғастыруда.

Екі апта ішінде сарапшы «Fortuna Food»-қа сараптама жүргізіп, жұмыс үрдісін ұйымдастыру, өндіріс технологияларын жетілдіру, сапа бақылауын күшейту бойынша ақылкеңесімен бөлісті.

– Шахин Төрердің технологиясы мүлдем басқа, осы бағыттағы тәжірибесі мол. Мысалы, пахлаваны дайындауда қамырды жаймалау ең маңызды бөлім болып табылады. Ашытқы қамырын илеу мен жаюдың да технологиясы өзгеше және күрделі екен. Кондитерлік өнімдердің 10-нан астам түрін пісірдік, – дейді компания жетекшісі Ильмира Хәкімова.

Шахин Төрер наубайшылар мен кондитерлерді пахлава, балмұздақ, торт, печенье мен пицца дайындауға үйретті. Сонымен бірге ол үрдістерді оңтайландыру, басқарудың тиімді әдістері мен өнімділікті арттыру жөнінде кеңінен тоқталды.

– Әлбетте әркімнің рецептілерінің жеке құпиясы болады. Мен мәселен печеньенің үш мыңнан астам рецептін білемін, торттың 1000-нан астам түрін, пахлаваның 100-ге тарта түрін жақсы білемін. Барлығын да үйретуге болады. Үш айдың ішінде түрік пахлавасынан кем түспейтін өнім дайындай алатын маманды оқытып шығуға болады, – деді сарапшы.

Ендігі таңда кәсіпкер Ильмира Хәкімова айтылған ұсыныстар мен тәжірибелік сабақтардағы білімді өндіріс ошағында қолданбақ.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: “Өлке тынысы” ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактордың міндетін атқарушы:
Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі – **41-10-46**, *бас редактордың орынбасарлары* – **41-10-47, 41-10-49,** *жауапты хатшы* – **41-10-50,** *бөлімдер* – **41-10-43, 41-10-68, 41-10-71,** *уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі* – **41-10-52,** *фототілшілер* – **41-10-53,** *жарнама бөлімі* – **41-10-51**.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – **279-13-37** *(факс),* **279-13-86, 279-36-43.**
Меншікті тілшілер: Панфилов – **9-12-27**, *Іле және Қапшағай қаласы* – **8-777-016-44-11**, *Жамбыл* – **8-701-254-97-55**, *Талғар* – **8-701-400-28-49-96**, *Қарасай* – **8-701-347-60-32**, *Еңбекшіқазақ* – **8-701-212-00-96,** *Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары* – **8-775-323-08-50.**
Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 60-11-39 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

“Жетісу” газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, “Алматы — Болашақ” АҚ филиалы “Офсет” баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1161.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 43 257, оның ішінде «Жетісу» газетінің осы шығарылымының таралымы — 26 368.
Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Серік ҚАНТАЙ.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 85 (18505) Сенбі, 4 тамыз, 2018 жыл.

ЖИЫН-ТЕРІН

Биыл Кеген ауданы бойынша 145256 тонна шөп дайындау жоспарланып отыр. Осынау игілікті іс Тасашы ауылдық округіне қарасты «Жаңа Ақтасты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде қарқынды жүргізілуде. Серіктестік еңбеккерлері маңызды науқанды шілде айының ортасында бастаған болатын.

МАЛ АЗЫҒЫ МОЛЫНАН ДАЙЫНДАЛАДЫ



(солдан оңға қарай) «Жаңа Ақтасты» ЖШС-нің шаруашылық меңгерушісі Алпамыс Даукенов пен серіктестік директоры Жарылқасын Адасбаев жұмыс жайын ақылдасуда.

– Серіктестігімізде 1700 гектар шабындық алқабымыз бар. Биыл 1500 тонна шөп, 1000 тонна пішендеме дайындауды жоспарлап отырмыз. Оған мүмкіндігіміз жетеді. Жалпы, мал азығының бір жарым жылдық кепілді қоры жасалады. Былтырғыдан артылып қалған шөбіміз де бар, – дейді «Жаңа Ақтасты» ЖШС-нің директоры Жарылқасын Адасбаев.

Айтса айтқандай, мал азығын дайындауға қажетті техникаларының бәрі толық қуатында іске қосылған. Оның бәрі кейінгі жылдары алынған, жап-жаңа қалпында. Жалпы, «МТЗ-80» маркалы 4 трактор шөп шабуда. 4 трактор шөп тайлауда. Шөпті басатын 2 трактор қарқынға қарқын қосуда. Тайланған шөпті әртүрлі маркалы, сыйымдылығы жоғары, қуатты 5 жүк көлігі кідіріссіз тасымалдауда.

Науқанды жұмысқа механизатор, жүргізушілері бар, барлығы жиырмаға тарта еңбеккер қатысуда. Олардың тамақтары тегін. Барлық жағдай жасалған. Дала жұмыстарына Алпамыс Даукенов жетекшілік жасайды. Осынау игілікті іс бойынша шөп шабуда жүрген Адалбай Байбұқаев, Мұрат Халықовтың, тасымалдауда жүрген Ұшқын Тұрданиязовтың, шөп басатын Ерғанат Жұмаханов секілді еңбеккерлердің есімдерін орнымен айтуға болады.



Жаңа технология бойынша тайланған шөп.

Қанат БІРЖАНСАЛ,
“Жетісу”

«Жаңа Ақтасты» ЖШС «Каз-Мясо» құрылымына қарайды. Олар таза асыл тұқымды ет бағытындағы 1100 бас «Абердин Ангус» ірі қарасын бағып отыр. Экспорттық әлеуеті жоғары, сапалы, семіз ет дайындау үшін жұғымды мал азығы керек. Серіктестік сол үшін де мал азығына 300 гектар арпа, 300 гектар сұлы, 80 гектар бұршақ өсірген. Жоғарыда сөз болғанындай, аталған егіс алқаптарынан 1000 тонна пішендеме дайындалады. Оның бәрі «KRONE» маркалы шөп тайлағыш арқылы, жаңа технология бойынша, тайланады. Су өтпейтін материалға оралған, салмағы 750 килограмм тартатын тайланған пішендеме 3 жылға дейін сақталады. Құнарын, сапасын жоғалтпайды. Серіктестік тайланған мұндай шөпті былтырдан бері дайындап келеді.

Жалпы, ұжым еңбеккерлерінің өнімді жұмыс жүргізуіне жақсы жағдай жасап отырған іскер азамат Төлеген Бозжанов басқаратын «Каз Мясо» ЖШС-не айтар алғыстары мол. Олар әрбір қолайлы күнді тиімді пайдалануда. Жұмыс өнімді. Науқанды жұмысты бір ай көлемінде сапалы аяқтап шығуға мүмкіндіктері мол.

Кеген ауданы

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ТАЗАЛЫҚ табалдырықтан басталады

Облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов аудан әкімдерінің орынбасарларымен селекторлық жиын өткізді. Онда елді мекендердің тазалығы, қатты тұрмыстық қалдықтарды жою, заңсыз қоқыс алаңдарын тазарту жайы сөз болды.

Гүлжан ТҰРСЫН,
“Жетісу”

Табиғатты күтіп ұстамау – ел байлығын ысырап етумен тең. Көркі көз тоятын өлкеміздің әр жерінде қоқыс алаңдарының ашық-шашық жатқаны көңілімізге кірбің түсіретіні анық. Бұл тұрғыны көп, тіршілігі қайнап жатқан аудандарда жиі байқалады. Осы жөнінде жиын төрағасы Айдарбек Естебекұлы: «Тазалықтың киреберістен байқалатынын білесіздер. Кез келген қалаға қыдырып келген қонақ алдымен тазалығына зер салады. Соған қарап шаһарды басқаратын басшылардың жұмысына баға береді. Елді мекен айнадай болып тұрса, өкімі жайлы бірден жақсы көзқарас қалыптасады. Жұмыстың жүріп жатқаны көшелердің тазалығы мен көгалдандырылуынан аңғарылады. Ендеше, жұмысты өздеріңіз үшін жасайтындарыңызды ұмытпаңыздар», – деп шараның маңыздылығына тоқталды.

Жалпы жиналыста сөйлеуші жауапты мамандардың айтуынша, өңірде 1млн. тонна қатты қалдық жинақталған. Көптеген аудандарда қатты қалдық тастайтын арнайы полигон жоқтың қасы. Көбі арнайы бөлінбеген орындарды қоқыс алаңы жасап алған. Шынын айту керек, көп жағдайда тұрғындардың да жауапсыздығы байқалып қалады. Олар көлікке тау болып тиелген қоқысты арнайы полигонға емес, жол жөнекей төге салады. Оның себебі, заңдастырылған алаңға төгу үшін белгілі бір мөлшерде ақы төлеуі тиіс. Міне, өзіміз тұратын мекенді өзіміз осылайша ластап жатырмыз.

Жиын барысында Еңбекшіқазақ, Ескелді, Панфилов, Кербұлақ аудандарындағы кейбір келеңсіздіктер сынға алынды. Өз кезегінде облыстық экология департаментінің директоры Қонысбек Байеділов сөз алып, табиғатқа деген жанашырлықтың азайып бара жатқанын айтты.

– Басшылық тарапынан айтылған сын-ескертпелер айтылған жерде қалады. Бірнеше жылдан бері елді мекен жанын таза ұстау жайы сөз болып келеді. Мәселе баяғы жартас – сол жартастың күйін кешіп келеді. Әкімдер барлығын қадағалай алмасы анық. Ондайда құқық қорғаушылармен бірлесіп еңбек ету керек емес пе? Қоқысты кім төгіп кеткенін анықтасын, содан соң жазасын берсін. Сонда басқаларға сабақ болады, – деді ол ауаның ластануының алдын алу жайын саралап.

Жиында облыс бойынша 370 заңдастырылмаған қоқыс алаңы бары айтылды. Әр ауданның өкілі өзі басшылық ететін аумақтағы қоқыс алаңдары жайлы ақпар берді. Кемшілікке жол бергендер жеделдетіп қоқыс алаңдарын заңдастырып, заңсыздарын жою жайлы тапсырма алды.

ЖАҢА КІТАП

«Алтын тұғыр»

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен кезекті баспасөз мәслихаты өтті. Онда халықтың руханиятына қосылған үш томдық «Алтын тұғыр» кітабының таныстырылу рәсімі орын алып, аталмыш жинақтың шығу барысы кеңінен сөз етілді.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ,
“Жетісу”

Шығармашылық адамдарын төл туындысы арқылы насихаттап, берекелі елді мекендердің абыройын асқақтатып, тірлік-тынысы мен жетістігін сөз өнері арқылы тарихта қалдыру, сондай-ақ, оқырманды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында жыл сайын дәстүрлі «Ауылым – алтын тұғырым» онлайн әдеби байқауы ұйымдастырылып келеді. Қуанарлығы сол, аталмыш дода шара ретінде өтіп қана қоймай, байқауға қатысқан қаламгерлердің тың туындысын үш томдық жинақ етіп шығаруды қолға алған. Баспасөз мәслихатында осылай деп мәлімдеген «Ауыл» партиясы «КазКонтент» АҚ-ның облыстық филиалының төрағасы Қанат Бекиев аталмыш игі іс жайлы кеңінен ақпар беріп өтті.

«Ауылым – алтын тұғырым» байқауы «Ауыл» партиясы «КазКонтент» АҚ-ның «Әдебиет порталымен» бірлесіп ұйымдастырып келе жатқан жобасы. Бұл әу баста республикалық деңгейде өрбігенімен, бүгінгі таңда өзге мемлекет қаламгерлерінің қатысуымен халықаралық деңгейге ұласқан. Бұл дегенеміз алақандай ауыл тынысы мен тарихын бедерлеуге жарқын жол ашылды деген сөз.

Өз кезегінде сөз алған аталмыш партияның облыстық филиалының жетекшісі Қаламқас Исаева «Алтын тұғыр» үш томдық жинағының мазмұны жайлы әңгіме өрбітті. Оның айтуынша, кітап поэзия, проза және драматургия жанры бойынша жарық көрген. Өйткені байқауда қаламгерлер әдебиеттің осы үш тармағымен сынға түсіп келеді. Биылдан бастап аталмыш додаға қатысушылар қазақ тілінде жазылған туындыдан өзге орыс тілінде бедерленген шығармаларын да жолдай алмақ. Ал негізінде бұл «Алтын тұғыр» кітабына байқауға түскен 530-дан астам туындының ең жақсы дегендері еліміздің көрнекті қаламгерлерінің іріктеуімен сұрыпталып енгізілген.

Аталмыш жиын барысында өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шара қонақтарына бірқатар көкейкесті саулдарын жолдап, тұшымды жауап алды. Айта кетерлігі, үш томдық жинаққа жетісулық бірқатар қаламгерлер мен жас ақындардың да туындылары енген-ді.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ЖАҢАНДЫҚ жылынудың қатері — 2-бет

“БІРІҢДІ ҚАЗАҚ, бірің дос” — 3-бет

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Талдықорған қаласындағы “Рухани жаңғыру” орталығында «Қасиетті Қазақстан» республикалық ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлы мен облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омардың, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ақан Әбдуәлиевтің, облыстық мекеме басшылары мен «Жетісудың киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасын жүзеге асыру жөніндегі сараптамалық кеңес мүшелерінің, танымал өлкетанушылар мен тарихшылардың қатысуымен «дөңгелек үстел» өтті. Жиналысты облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар жүргізіп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өңірде атқарылып жатқан жұмыс барысын таныстырды.

ҚАСИЕТ ҚОНҒАН ҚҰТ МЕКЕН

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Келесі кезекте сөз тізгінін ұстаған «Қасиетті Қазақстан» республикалық ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлы облысымызда өлкетану бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға беріп, ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, Елбасы тапсырмасының жергілікті орында атқарылуына қолдау көрсеткен облыс басшыларына алғысын жеткізді.

– Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында атқарылған шаруалар елдігіміз бен бірлігіміздің, тарихымызды танудың баспалдағы іспетті. Ол болашағымызды кемелдендіру бағытын жарқыратып көрсетті. Демек, осы бір жылда Мемлекет басшысының бағдарламалық мақаласында қойылған талаптарды орындауда тарихшылар мен өлкетанушылардың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ал осылай еңбектенуге қолдау танытқан әр облыстың басшыларына алғысымыз мол. Осы ретте облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омарға ризашылығымды білдіре кетсем артық болмас. «Жас келсе іске» дегендей, Жақсылық Мұқашұлы Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болып тұрған кезінде Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановқа ескерткіш қоюға белсене атсалысып, азаматтық танытып еді. Енді, міне, Жетісу жерінің қасиетті жерлерін анықтау, насихаттау, елге жеткізу барысындағы жұмыстардың да тиянағын келтіруде. Алдағы уақытта да жетісулықтардың Елбасы тапсырмасын елжандылықпен орындай беретініне сенемін, – деді ол.

Расында, өткен жылы өлкемізде «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» жобасы жүйелі әрі нәтижелі атқарылды. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен, облыстық мәдени мұраларды қорғау орталығының атсалысуымен Жетісу өңірінің түкпір-түкпіріне экспедиция жасалып, мемлекеттік тізімге алынған немесе алынбаған, осы күнге дейін назардан тыс қалып келген қасиетті жерлерді анықтады. Олардың тарихын түгендеп, аңыз-әңгімелерін жинап, зерттелу барысын саралады. Осындай еңбектің арқасында «Киелі Қазақстан» республикалық ғылыми-зерттеу орталығының директоры Берік Әбдіғалиұлы өзінің ұзақ жылдық ізденісінің нәтижесінде жазып шыққан «Алаш әскері» атты кітабын облыстық С. Сейфуллин атындағы кітапханасына табыстады. Сондай-ақ, аталған орталықтың мұрындық болуымен жарық көрген «Қазақстанның қасиетті жерлері» туралы екі томдық еңбектің, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы құрастырған Жетісу жерінің сакралды орындары, тарихи және мәдени ескерткіштері туралы жарық көрген кітаптың тұсауы кесілді. Өлкеміздің мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне еңбек сіңірген бірқатар сала мамандары марапатталды. Сол қатарда облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ақан Әбдуәлиев, М. Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің бас қор сақтаушысы Райхан Есенбаева, облыстық мемлекеттік архивінің бас қор сақтаушысы Ардақ Қайыпжанова «Алашорда үкіметі мен Алаш автономиясының 100 жылдығы» медалімен, өлкетанушы Мухарам Хайбуллин және облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбекова «Үздік өлкетанушы» төсбелгісімен марапатталды.

АУДАН АЖАРЫ

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫНЫҢ КӨПТЕП САЛЫНУЫ АУДАНЫМЫЗДЫҢ ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА КӨРКЕЙІП, ӨРКЕНДЕУІНІҢ ДӘЛЕЛІ. ЖЫЛ САЙЫН БАЛҚАШ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ БАҚАНАСТАН БОЙ КӨТЕРГЕН ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ УАҚЫТЫНДА АЯҚТАЛЫП, ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛІП ЖАТЫР. АЛ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗІЛГЕН НЫСАНДАР АУЫЛ АЖАРЫН АЙШЫҚТАП ТҰР.



ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Биыл ауданымызда бірқатар нысандарға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатса, аудан орталығынан салынып жатқан он тұрғын үйдің құрылысы мен Жиделі ауылындағы жаңадан бой көтеріп жатқан ФАП ғимаратының құрылысы аяқталуға жақын. Сонымен қатар, аудан тұрғындарын ауызсу және газбен қамтамасыз ету мәселесі де шешілген. Қарқынды жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Балқаш аудандық филиалының төрағасы Ғалым Тоқпейісовтың қадағалауында.

Осындай жүйелі атқарылып жатқан құрылыс жұмыстарының мән-жайымен жақынырақ танысу мақсатында аудан әкімі аппаратының басшысы Жанат Жүнісбеков аудандағы құрылыс нысандарын арнайы аралап қайтты.

Алдымен Жанат Төлегенұлы Бақбақты ауылдық округінде жүргізіліп жатқан су құбыры жұмыстарының орындалу барысын көзбен көрді. Бақбақты ауылындағы ауызсу құбырының жүргізілуіне жауапты мекеме «Фуд-МС» ЖШС-нің құрылыс басшысы Ғалымжан Омаров атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, су құбырын жүргізу сызбасымен таныстырды.

Осы орайда Жанат Жүнісбеков жұмыстың кейбір кем-кетік тұстарына тоқталып өтті. Әсіресе, екі бірдей 600 текше метрлік су қоймасының монтаждау жұмыстарының баяу жүргізіліп жатқандығын айтты. Сонымен қатар, ауыл әкімі Қали Сәтбаевқа су құбыры жұмыстарының жедел жүргізілуін күнделікті қадағалап тұруын тапсырды.

Келесі кезекте Бірлік ауылдық округіндегі Бірлік орта мектебіне жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының қаншалықты атқарылып жатқанын көріп шықты. Құрылысқа жауапты мекеме «ЭлМ» ЖШС-нің директоры Ләйлә Исатаева жұмыс жүйесімен таныстырды. Аудан әкімі аппаратының басшысы мұндағы оң өзгерістерге тоқталды. Кемшіліктерді де көрсетті. Жаңа оқу жылында оқушыларға қуаныш сыйлайтын құрылыс мекемесіне ризашылығын білдіріп, атқарып жатқан құрылыс жұмыстарын сапалы жасау қажеттігін ескертті.

Осы тұста айта кетер болсақ, Бірлік орта мектебі 1973 жылы бой көтеріп, көптеген шәкірттерді тәрбиеледі. Бүгінде аудандағы білім сапасы бойынша алдыңғы қатарда тұрған мектептердің бірі. Бұл мектепте 369 оқушы білім алуда. Мектеп құрылысы тамыз айының жиырмасына дейін аяқталады деп жоспарланған.

Жанат Жүнісбеков Бақанас ауылында жаңадан салынып жатқан он коммуналдық тұрғын үй құрылысының сапалы жүргізілуіне баса назар аударып, белгіленген мерзімге дейін аяқталатынына көз жеткізді. Ол жерде «ЭлМ» ЖШС-нің құрылыс басшысы Қаршыға Мұқановқа тапсырма жүктеді.

Осыдан кейін Жанат Төлегенұлы Ақдала ауылдық округіндегі Мәдениет үйіне жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарын көрді.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,

Жетісу

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№88 (18508)

Сенбі, 11 тамыз, 2018 жыл.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ мен ТАТАРСТАН: Байланыс көкжиегі кеңейеді





Суреттерді түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Еларалық және өңіраралық байланыстарды нығайту – дамуға тың серпін беріп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын оң қадам. Бұл орайда Алматы облысы өзге өңірлердің озық тәжірибесін танып, машығын меңгеруден қалыс қалған емес. Әсіресе, бүгінгідей күллі әлем жаңа технологияға ден қойып, цифрландырудың игілігін көруді мақсат тұтқан тұста бұл аса қажет үрдіс. Соның ішінде Татарстан Республикасымен арада бұрыннан орнаған ынтымақтастық байланыстар Татарстан Президенті Рустам МИННИХАНОВТЫҢ шақыртуымен Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВ бастаған жетісулық делегацияның Қазан қаласына жасаған сапары барысында бекемдене түсіп, нақты жоспарлар айқындалды.

7 тамыз күні Қазан қаласына табан тіреген, құрамында өңірдің бизнес-қауымдастығының, өңірлік кәсіпкерлер палатасының, жобалық басқарудың, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері бар ресми делегацияны Татарстан Президенті Рустам Минниханов, Татарстанның вице-премьері Василь Шайхразиев, ТР Премьер-министрінің орынбасары — Өнеркәсіп және сауда министрі Альберт Каримов қарсы алды.

Өткен жылдың тамыз айында Р. Минниханов бастаған Татарстан делегациясы екіжақты мәдени байланыс орнату, бизнес саласында тәжірибе алмасып, әріптестікті нығайту мақсатында Алматы облысында болған еді. Соның нәтижесінде Алматы облысының Панфилов ауданы мен Татарстанның Менделеев ауданының арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Сол сапар барысында Менделеев ауданынан келген өкілдер кәсіпкерлік белсенділікке ерекше екпін беріп отырған «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының жұмысымен танысқан. Ал осы жолы біздің делегацияның құрамындағы Алматы облысын цифрландыру бойынша жобалық кеңсенің мүшелері Қазандағы IT-парк пен Иннополистегі smart city қалашығына ат басын тіреді. Бұл жоғары технологиялар мен цифрландыру бағытындағы ынтымақтастықтың алғашқы қадамы болды.

Сапардың екінші күні Татарстанның вице-премьері Василь Шайхразиевтің бастауымен делегация елдің бірқатар кәсіпорындарын аралап, өнеркәсіптік, инвестициялық және туристік әлеуетімен танысты. Аралау сапары алдымен Татарстан Республикасы Инвестициялық даму агенттігінен басталды. Мұнда агенттік басшысы Талия Минуллина елдің инвестициялық және экономикалық мүмкіндіктері жайында кеңейтілген тұсаукесер шарасын жасап, инвестициялық тартымдылығы мен инновациялық белсенділік деңгейі жайында хабардар етті.

IT-парктегі жоғары технологиямен танысқан жетісулықтар одан әрі «Эйдос-робототехника» мен «Эйдос-Медицина» орталығының қызметін тамашалады. Орталық мамандары роботтандырылған өндірістің артықшылықтары, жұмысқа арналған робот-манипуляторларды дайындау әдістері туралы баяндап, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында мамандарды тәжірибемен ұштастыра отырып оқыту үшін робот-пациенттерді қалай жасайтынын көрсетті. Сондай-ақ, қонақтардың назарына студенттерге де, көпжылдық тәжірибесі бар дәрігерлерге де қолайлы теңдессіз медициналық симуляторлар ұсынылды. Мамандардың айтуынша, симуляторлар үшін арнайы бағдарламалық жасақтама әзірленген. Оның құрамына түрлі жаттығулар кешені, автоматты түрде бақылау мен оқыту процесін бағалау енгізілген. Бұл өз кезегінде үйренген машықтарды орнықтырып қана қоймай, оны одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

«Қазан» агроөнеркәсіптік паркі де қызығушылық тудырған нысанның бірі. Парктің бас директоры Олег Власов нысан ішіне экскурсия жасап көрсетті. Оның айтуынша, агроөнеркәсіптік парктің жалпы аумағы 50 мың шаршы метр. Парктің ең басты ерекшелігі — ол бір мерзімде бірнеше функцияны, атап айтқанда, қоймаға жинақтау, өңдеу, дайын өнімді сату сияқты істерді қатар атқара алады. Бұл ретте кәсіпкерлерге қолайлылық үшін барлық инфрақұрылымдар жасалған. Амандық Баталов бастаған делегация парктің өндірістік және қаптау цехтарында, жабық базарында болып, Татарстанда өндірілген өнімдердің көптеген түрлерімен танысты.

Жетісулықтар 200 жылдан астам тарихы бар Қазан (Приволжьелік) федералды университетіне де барды. Университет ректоры Ильшат Гафуров білім ордасының ішін аралатып, осы шаңырақтан шыққан атақты түлектерді де мақтанышпен атап өтті. Олардың қатарында әлем әдебиетінің классигі, көрнекті орыс жазушысы Лев Толстой, тамаша математик Николай Лобачевский және басқа да танымал тұлғалар болған. И. Гафуровтың айтуынша, қара шаңырақ университет жоғары білім беру дәстүрлерін сақтай отырып, кең ауқымды ғылыми-зерттеушілік бағытқа ерекше ден қоюда. Бұл көне университеттің ізгі дәстүрлерін жаңа буын жастардың лайықты жалғастыруына мүмкіндік беріп отыр.

Біздің тарап Ресей стадиондарының ішінде сыйымдылығы ең жоғарыларының бірі, 45 379 мың көрерменге лайықталған «Қазан Арена» футбол стадионының инфрақұрылымымен де танысты. 2013 жылдың мамыр айында пайдалануға берілген әмбебап стадионда биылғы жылы футболдан Әлем чемпионаты өткенін де айта кету керек. Сол сияқты Қазандағы Бүкіләлемдік жазғы XXVII Универсиаданың ашылуы мен жабылу салтанатын да спортсүйер қауым осы стадионнан тамашалаған болатын.

Түстен кейін облыс әкімі Амандық Баталов Қазан Кремлінің Губернаторлық сарайында Татарстан Президенті Рустам Миннихановтың қабылдауында болды.

(Соңы 2-бетте).

БӘЙГЕ! БӘЙГЕ! БӘЙГЕ!

Құрметті тойсүйер қауым!

Сіздерді үстіміздегі жылдың 25 тамызы күні Қаратал ауданы, Ақжар ауылында туып-өскен азаматтардың ұйымдастыруымен өтетін «Ақжар ауылының мүшелтойы» атты мерекелік тойға және қазақтың ұлттық ойын түрлерінен сайыстарға қатысуға шақырамыз.

Өтетін уақыты: 25 тамыз, 2018 жыл. Ақжар ауылы.
Басталуы: сағат 9.00-де.
Өткізілетін сайыс түрлері:
Аламан бәйге – 30 шақырым.
Құнан бәйге – 12 шақырым.



Бәйгеге кіру жарнасы:
Аламан бәйге – 20000 теңге.
Құнан бәйге – 10000 теңге.

Аламан бәйге – 7 орын: I орын – 500 мың теңге;
II орын – 300 мың теңге;
III орын – 200 мың теңге;
IV орын – Плазм. Телевизор;
V орын – Авт. кір жуғыш машина;
VI орын – Қысқатолқынды пеш;
VII орын – Мультиварка.

Құнан бәйге – 5 орын: I орын – 120 мың теңге;
II орын – 80 мың теңге;
III орын – 50 мың теңге;
IV орын – қой;
V орын – тоқты.

КӨКПАР
Басталуы: сағат 11.00-де.
Салымдар: 200 мың теңге және бір өгіз.

Басталуы: сағат 15.00-де.
Қазақ күресі «Түйе балуан» – 3 орын:
I орын – 100 мың теңге;
II орын – 70 мың теңге;
III орын – 50 мың теңге.



Гір тасын көтеру – 3 орын:
I орын – 30 мың теңге;
II орын – 20 мың теңге;
III орын – 10 мың теңге.

Қошқар көтеру
Қошқардың тірі салмағы – 63 кг.

Сағат 17.00-де ұлттық ойын жеңімпаздарын марапаттау.
Анықтама тел.: 8 771 554-84-79, 8 705 241-90-91.

Келіңіздер, бақтарыңызды сынап көріңіздер! Бақ шабар ма, бап шабар ма, көрейік.

БӘРЕКЕЛДІ!

НАРЫНҚОЛДАҒЫ НАУБАЙХАНА

Райымбек ауданының орталығы Нарынқол ауылында көптеген наубайхана бар. Соның бірі ауылдағы белгілі кәсіпкер Нұрзия Дәлденбаеваға тиесілі.

Ол 2005 жылдан бері адал еңбегімен халқына қызмет етіп келеді. Наубайханада пісірген нандарын сататын «Дәмді нан» атты дүкені – ел игілігі іспетті. Сол арқылы Нұрзиядай кәсіпкер ана бірнеше адамды еңбекпен қамтып отыр. Олар күнделікті дастарқанға қажет наннан бөлек сұраныспен мерекелік тәтті тағамдар, ұннан әртүрлі дәмді нан, тоқаштар дайындайды.

–Мынау жарық дүниеде өмірдің өзегі – нанға жетер ештеңе жоқ. Жұп-жұмсақ дәмді нан астың дәмін кіргізеді. Шебер қолдан шыққан өрнекті нандар да той дастарқанының шырайын ашады. Сол үшін де ел-жұртыма аққөңіліммен, пейіліммен аппақ нанмен тәтті тоқаштарымды ұсынып келемін, – дейді Нұрзия өзіне тән жайдары мінезімен жылы жымиып.

Дүкен келушілерден үзілген емес, керісінше, тұтынушылар қатары көбейген. Ең бастысы, Нұрзиядай кәсіпкерлер ел алғысын арқалап келеді.

Қанат БІРЖАНСАЛ
Райымбек ауданы



МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ



ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА құрмет

Жыл өткен сайын құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Сондықтан болар, қалалардың келбеті өзгеріп, ауылдардың ажары айшықтала түсті. Алыстан көз тартатын көркімті үйлер де көбею үстінде. Елдің әр түкпірінде салынып жатқан ғажайып нысандар мен зәулім ғимараттар жергілікті халықты ғана емес, сондай-ақ, алыс-жақыннан келген шетелдіктерді де таңғалдыруда. Қалай десек те бұл қыстың суығы, жаздың аптап ыстығына қарамастан маңдай терлетіп, еңбектеніп жүрген құрыш қолды құрылысшылардың ерен ерлігі. Сондықтан да олар қай кезде болсын сый-құрметке лайық.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
“Жетісу”

Жылдағы дәстүрге сай тамыз-жыған тамыз айында тойланатын Құрылысшылар күні мерекесі қарсаңында облыс әкімдігінің үлкен залында салтанатты жиын өтті. Мерекелік басқосуға аталған салаға жауапты басшылар мен мамандар және құрылысшылар қатысып, әріптестер бір-біріне жылы лебіздері мен ақ тілектерін жеткізді. Шара барысында жемісті еңбек етіп жүрген құрылысшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, істеріне сәттілік тілеген облыс әкімінің орынбасары **Айдарбек Байжанов**, облыстық құрылыс басқармасының басшысы **Болат Тәкенов** Жетісу жерінде жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып, саладағы жемісті істерге шолу жасады.

Жиында сондай-ақ, облыстың әр түкпірінде жолдар жөнделіп, көз тартарлық әлеуметтік нысандар мен сәулетті ғимараттардың және көпқабатты тұрғын үйлердің көптеп бой көтеріп, ел игілігіне беріліп жатқаны және мұндай пайдасы мол шарапатты шаруаның әлі де болса жалғасып, жалғануына Үкімет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп, қомақты қаражаттың қарастырылатыны айтылды. Осылайша ағытылған ақжарма тілектер мен шынайы алғыстар елдің өсіп-өркендеуіне үлес қосып, еңбектеніп жүрген құрылысшылардың көңіл күйлерін бір серпілтті. Салтанатты жиын соңында саланың өрістеуіне күш салып жүрген бір топ құрылысшының есімдері аталып, оларға құрмет көрсетілді.

Марапатталғандар қатарында облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Данияр Әбдібеков, «Еңбек» сериктестігінің директоры Талипхан Әбілдаев, «Құрылыс Жоба Сараптама» сериктестігінің сарапшысы Ким Илларион, «ФУД МС» сериктестігінің директоры Сейітжан Құсайынов және орынбасары Молды Цакаев, облыстық «Мемсараптама» кәсіпорнының сарапшысы Людмила Шульгина Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінен берілген «Құрметті құрылысшы» төсбелгісін омырауларына қадады.

Облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталған құрылысшылар да аз болған жоқ. Бақтұр Жолжанов, Күлэтай Исағұлова, Сандыбай Мылтықбаев секілді сала ардагерлері бағалы сыйлықтарға ие болды.

СЕЛЕКТОР

ЖҰМЫС САПАСЫ сынға алынды

Облыстық әкімдікте облыс әкімінің орынбасары Серікжан БЕСКЕМПІРОВТІҢ төрағалығымен мал шаруашылығы саласын өркендетуге қатысты селекторлық жиын өтті. Онда өңірлердегі аналық мал басының тұқымдық түрлендіруге қатысуы, сиыр етін дайындауды жоспарлау, мал бордақылау алаңдарына бұқашықтарды алу, тауарлы табынға асыл тұқымды бұқаларды жіберу, фермерлік шаруашылықтардың аналық етті ірі қара және ұсақ мал басын сатып алуына қатысты атқарылған жұмыстар сөз болды. Осыған қатысты сұрақтарға аудан әкімдері мен олардың орынбасарлары жауап берді.

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Қазіргі таңда облысымызда мал шаруашылығы саласын өркендетуде ауқымды жұмыс атқарылуда. Облыстық бюджет есебінен және «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ-ның қаржыландыруымен 50-200 басқа арналған сүт фермаларын құру жұмысы қолға алынып, 2021 жылға дейін оның санын 100-ге, қуаттылығын 23 мың басқа жеткізу көзделуде. Сондай-ақ, ет экспортын еселеу үшін де тиянақты жұмыс істелуде. Болашақта экспортты ұлғайту үшін етке басымдық беріліп, трансұлттық компаниялардың қатысуымен инвестициялық ірі жобаларды жүзеге асыруға қол жеткізілмек. Бұл орайда мал басы мен өнімділігін арттыру қажеттігі туындайды, мал тұқымын асылдандыруға зор мән беріледі. Сол арқылы алдағы 5 жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өңделген ауылшаруашылығы өнімінің экспортын кем дегенде 2,5 есеге арттыру қажет.



Жоспар ауқымды. Осы бағытта мемлекеттік қолдау көрсетіліп, өңірлердегі фермерлер мен шаруа қожалықтарының мал басын өсіріп, шаруасын шалқытуға дем берілуде. Алайда, ұтымды ұйымдастыру, жүйелі жоспар болмағандықтан кейбір аудандардың көрсеткіштері көңіл көншітпейді. Жиында нәтижелі жұмыс істеген аудан, қала басшыларының аттарына жылы сөз айтылды. Жиынды қорытындылаған Серікжан Ислямұлы аудан әкімдеріне нақты тапсырма беріп, жоспарға сай жұмыс істеу қажеттігін назарға салды.

■БАЙҚАУ

ТЕКТІ СӨЗДІҢ ТӨРЕСІ



Бүгін салт-дәстүрімізді санада сақтап, мәдениетімізді қадірлейтін ерек кезең. Біз сол үшін де ата-бабамыздан қалған саз – күміс, ән – алтын ұғымын тереңнен сезінуге тиіспіз. Расымен де әсем саз бен әуезді әнге құрылған, сан ғасырлық тарихы бар, халық музыкасының ең бай арнасы жыраулық өнерден жырақтамауымыз керек. Осы орайда елімізде атқарылып жатқан іс-шаралар ауқымы кең. Дәстүрлі түрде жыл сайын жаңа рәуіште жарқ ететін термешілер байқауының бұл жолғы ерекшелігі де жетерлік. Тіл сарайына жиналған, өлең десе елеңдеп, өнер десе ішкен асын жерге қояр жұртшылық осыған дәлел болса керек.

Құралбек СӘБИТОВ,
"Жетісу"

Ұлттық өнердің мәйегі болып табылатын термешілер байқауы киелі мұраны дәріптеп, бабалар тілегін ту етуді мақсат тұтады. «Текті сөздің төресі – терме» атты облыстық термешілер сайысына облысымыздың түкпір-түкпірінен 20 орақ тілді, от ауызды өнерпаз келді. Олардың бәрі тіліміз бен музыкамызды тұғырдан танытып, жоралғыларымыз бен ұлттық рухымызды асқақтатуды арман етеді. Сондай-ақ, жақсылықты жақсылыққа жалғап, бабалар үнін бүгінгі ұрпаққа арнап дәріптемек. Міне, осындай мәдениетіміздің бір парасын биіктен көрсетуді қалаған шараның жүйесі де өзгеше. Жыршылар Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында елге, жерге, Астананың 20 жылдығына арнап терме әуелетуі алғашқы шарт болса, олардың сахна мәдениетін сақтауы да байқаудың басты талабының бірі.

Халық поэзиясын асыл қазынасына айналдырған үміткерлерге облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары, ақын Нүсіпбай Әбдірахым, ҚР Мәдениет қайраткері, дәстүрлі әнші Абылай Қармысов, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бөлім басшысы Туғанай Рахымберлина төрелік етті. Байқау қатысушыларын шынайы бағалап, жүйрігін даралаған әділқазылар алқасы айтылған әр сөзге айрықша ден қойды. Кезінде халық сүйенішіне айналған жыраулық өнердің бүгінгі сарқыты қандай деңгейде? Біз мұны сөнді сөз бен орамды ойдың салмағын көрсетер өлеңшілер өнерінен байқадық. Айтулы шара шымылдығын Нүсіпбай Додабайұлы «Алатаудан, Арқадан ақындарым келіпсің, Тілдерінен бал тамған жақындарым келіпсің», – деп жырдан дауыл тұрғызған Жамбыл сөзімен ашты. Дарындының дарындысы бақ сынасар сәт екенін де еске салып, терме өнерінің еліміздің батысы мен Сыр өңірінде айрықша дамығандығын айтып өтті. Бірақ бұл Жетісу жерінің жыраулық дәстүрден кенжелеп қалғанын көрсетпейді. Әділқазылар алқасының төрағасы Кенен, Үмбетәлі, Жамбылдан келе жатқан сан-салалы өнердің ұрпақтан-ұрпаққа көшетіндігін де сөзге қосты. Сондай-ақ, термешілік әр адамға беріле бермес, ерекше қабілетті қажет етер өнер екенін айтып, байқау қатысушыларына сәттілік тіледі.

Жеңістен үмітті жыршыларды бағалау кезінде шығарманың ұсынылған тақырыпты қамтуы міндеттелді. Шығарма өзектілігі мен орындау шеберлігі де ескеріліп, бір туындыға 7 минуттан уақыт берілді. Фонограммаларды пайдалануға тыйым салынып, терең философиялық толғаулар жоғары бағаланды.

Қатысушылар түрлі жыраулардың туындысын тебірене орындап, талайдың таңданысын туғызды. Кейбірі өзі жазған шығармасына өзі мақам қосып, мәнін арттырды. Дегенмен, белгіленген тақырып аясында айтылған әуеннің тым аздығы үміткерлер дайындығының төмендігін аңғартты. Әр аудан, қаладан келген сайыс саңлақтары өзара бәсекелестікте оза шауып, мәреден көрінуге талпынып-ақ бақты.

Кіл жүйрікте кім жүйрік екенін әділ шешім шығарған әділқазылар жеткізді. Олардың бағалауы бойынша, мәтінге мән бермегендер қатары көп болған. Сондай-ақ, кейбір терменің көркемдік жағы да сын көтермеген. Алайда жыраулық жолға ден қойғандар өз биігінде қалуға барын салып, жүлделі орындар алып қайтты. Байқау қорытындысы бойынша Іле ауданынан келген Нұрболат Қосанов пен талдықорғандық Ұлжан Бақтияр, Кеген ауданының үміткері Гүлбақыт Баймұхамет 60000 теңгеге қол жеткізіп, үздік үшінші орыннан көрінді. Ал көксулық Есхат Нұрәлі мен Алакөлден ат терлетіп келген Рауан Ексілов екінші орын иеленіп, 80000 теңге сыйақы иегері атанды. Өңіріміздегі жыраулық өнердің жандана түскен аймағы Жамбыл ауданынан жеткен Ұлжан Аглакова бірінші орын иегері атанып, 120000 теңгені қанжығасына байлады. Республикалық жыршы-термешілер байқауына жолдама алып, дәл осы сайыста жұлдызы жанып, көпшілік үздік деп таныған талдықорғандық Дархан Серік мәре сызығын бірінші болып кесіп, 150000 теңгеге жүлделі болды. Бас жүлдегер республикалық байқауда артылған сенім мен үкілеген үмітті ақтауға барын салатынын өлең жолдарымен жеткізді.

■ТАҒЫМ

Елімізде әрбір ауылдық округтің өсіп-өркендеуіне, ондағы халықтың әлеуметтік әл-ауқатының артуына, экономикалық жағдайының дұрыс қалыптасуына ерекше мән беріліп отыр. Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің қара шаңырағы саналатын ауыл кімге болса да ыстық. Шалғайда туып-өскен әрбір азаматтың өз ауылына, атамекеніне алаңдаушылық білдіріп отыруы міндет. Өйткені ауыл сәулетінің айшықталып, келбетінің көркеюі ондағы тұрған адамдардың, ауыл басшылары мен мамандардың абыройы. Сондай абзал азаматтың бірі – Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылының жан-жақты дамып, құрылысының кең қанат жаюына үйтқы болған, игілікті жұмыстардың жүзеге асуына атсалысып, маңызды шаруалардың басы-қасында жүрген Жолдасжан СЫДЫҚОВ еді.



ҚҰРЫЛЫС саласының майталманы

Қарабөгет ауылында 1949 жылдың 17 наурызында дүние есігін ашқан Жолдасжанның ата-анасы аймаққа белгілі, ақылымен, іскерлігімен аты шыққан, ел сыйлаған танымал адамдар еді. Әкесі Айтқали Сыдықов пен анасы Дания Сәрсенбаеваның ерекше тәрбиесін алған бала Жолдасжан жастайынан зерек, ізетті, шаруақор болып ержетті. Мектепте оқып жүргенде ауылшаруашылығы жұмыстарына белсене араласып, көзге түседі. Ауылға келген құрылысшы бригадаларының жұмысымен танысып, бақылап жүреді. Сол арқылы көкірегін құрылысшы болу арманы тербеп, орта мектепті бітірісімен Шамалғандағы гидро-мелиоративтік техникумға құжат тапсырады. Техникумды 1979 жылы үздік бітірген соң армияға алынып, азаматтық борышын жоғары деңгейде атқарғаны үшін бірнеше марапатты иеленген Жолдасжан Айтқалиұлы әскерден соң еліне келіп өзі таңдаған мамандығы – құрылысшы кәсібімен шындап айналысуға кіріседі.

Алғашында «Қарабөгет» қызылша кеңшарының құрылыс бөлімшесіне шебер болып орналасқан жас маман тыңғылықты ісімен, біліктілігімен шаруашылық басшыларының көзіне түсіп, совхоздың аға прорабы қызметіне көтеріледі. Талапты жастың болашағынан үміт күткен директор Көшкінбай Жанатовтың дұрыс байлам жасағанына кейін көзіміз жете түсті. Өйткені сол тұста ауылды жандандырып, көркейтуге басымдық берілген болатын. Сондықтан жұмысшылардың жағдайын жасау, олардың тұратын үйлерін жаңа үлгіде салу, басқа да елді мекендердің құрылысын ретке келтіру кезек күттірмейтін мәселеге айналған-ды. Осы кезде Жолдасжан сынды жігерлі, талапты жастың маңызды да жауапты істің басына келуі заңды еді.

Әрине, көптеген қиындық кездесті. Жұмысшы күшінің жетіспеуі, білгір маманның аздығы, материалдың тапшылығы сияқты көптеген кедергі болды. Бірақ туған елге, жерге деген сүйіспеншілік, «ауылымды сәулеттендірсем» деген асқақ ой барлық қиындықты еңсеріп шығуға жетеледі. Сөйтіп, ауыл азаматтарының ертеңгі күнге деген сенімі оянып, алға қойған мақсаттар орындала бастады. Кеңшар директоры Көшкінбай Жанатовтың қолдауымен ауылда жаңа құрылыс нысандары бой көтерді. Одан соң шаруашылық тізгінін қолына алған жас маман Тоқтар Есімовтің басшылығымен көптеген игі істер жүзеге асырылып, жаңа құрылыс бағдарламалары абыроймен атқарылды. Осылайша аға прораб Жолдасжан Сыдықовтың тікелей басшылығымен әлеуметтік маңызды ғимараттар ауыл көркін ажарландыра түсті. Олардың қатарында 3 қабатты мектеп, балабақша, жаңа үлгідегі шаруашылық кеңсесі, сауда орталығы, тұрмыстық комбинат, асхана, қонақүй, сүт кешені сынды аса маңызды ғимараттар бар. Сонымен қатар, ауыл көшелері асфальттальп, гүлзарлар, тротуарлар салынды. Түнде жанатын шамдар ауыл көшелерін жарқыратып тұрды.

Ауыл салтанатын әрлендіре түскен жаңа нысандар құрылысының қарқынмен жүруіне бел шеше кіріскен Жолдасжан Айтқалиұлына көмекке Тілектес Сүгірбеков, Ахат Намазиманов, Арман Төлемісов секілді кәнігі құрылыс шеберлері келіп, ауыл тұрғындарына бірліктің алар асуы биік болатынын дәлелдеді. Сол арқылы адамгершілігі мол, ұлттық болмысы өзгеше, турашылдығы, әділдігі, жауапкершілігі өте жоғары Жолдасжан Айтқалиұлының абырой-беделі асқақтай түсті.

Ел-жұрттың көз алдында өскен жанның ғұмыры келте қиылды. Есіл ер 1983 жылдың 19 ақпанында жол апатынан көз жұмды. Зайыбы совхоз есепшісі Роза Манатайқызы екеуінің артында үш бала қалды. Олардың үлкені Сәуле қазір Павлодар қаласында мұғалім, отбасылы, 2 баласы бар. Үшаралда тұратын орташысы Саяның 3 баласы бар, медицина қызметкері. Кенжелері Саят қара шаңырақтың иесі, қазір шаруа қожалығының жұмысын жүргізіп, ауыл экономикасының дамуына үлес қосып отырған азамат. Жолдасы Салтанатпен екі ұл, екі қыз өсіріп, тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. «Орнында бар оңалар» деген осы болса керек.

Балаларының жоғары білім алып, өмірде өз орнын табуына ықпал еткен марқұм Жолдасжан Айтқалиұлының еңбекқор мінезі ұрпағына берілген. Сол арқылы ағайын-туыс, жора-жолдастар арасында беделді. «Көлдің орны құр жатпас» деген сөз осыларға қаратып айтылған ба деп қаласың.

Келесі жылы Жолдасжан Айтқалиұлының 70 жылдығы. Оның көзін көріп, адамдығы мен адалдығына куә болғандардың, жақсылығын білетіндердің ауыл құрылысының өркендеуіне үлес қосқан майталманды ұмытпайтыны ақиқат.

Айтмұханбет ЕРАСЫЛҰЛЫ,
Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары

■ЕЛ ІШІНДЕ ЕМШІ ЖҮР



Қытай, Алтай өлкесі, Ресей мемлекетінде болып, білім-тәжірибесін ұштап қайтқан ҚР-дің құрметті халық емшісі Азат МҰСАҰЛЫ Алматы қаласында ем жүргізіп жатыр.

Шипагер тамыр ұстап диагноз қояды. Аурудың 75-ке жуық түрін Алатаудың баурайынан жиналған таза шөп дәрілерімен емдейді, алтын ине қояды, теңіз тұзы арқылы бұлаулар жасайды, сонымен қатар, хиджама жасау арқылы артық қан алады.

Шипагер бастың барлық ауруларын, атап айтсақ, қояншық талма (эпилепсия) және мидағы ісік, бауыр-бүйрек, жүрек, асқазан, шыжың, енге суық тию (простатит), гайморит, көтеу (геморрой), бел, аяқ-қол, буын ауруларының барлық түрін, сонымен қатар, жазылуы қиын деп есептелетін сусамыр (сахарный диабет), кеңірдекшелердің асқын қабынуы (бронхиальная астма), әйелдердің жатыр, емшек безі ауруларын сапалы емдеп, жазып жүр.

Шипагердің жол ашуға мүмкіндік жасайтын, арақ қойғызатын және тибеттік құпия әдіс – арнайы нүктелерге алтын ине қою, қан алу арқылы 10-15 жылға жасартуды меңгерген ерекше қасиеті бар. Емші тоғызжылдық еңбек өтілінде тек алғыс арқалаумен келеді. Қаралушылардың таза дәретпен, сеніммен келулері керек.

Байланыс телефондары:
8-778-979-88-79; 8-747-479-99-56;
8-775-292-27-78.
Қазіргі кезде емші келушілерді Кеген ауданының орталығы Кеген ауылы, Абай көшесіндегі 17-үйде (Қызылту мектебіне қарама-қарсы орналасқан) қабылдайды.

■ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫ

Орманды өрттен қорғайық!

Табиғатты аялау әр азаматтың парызы деп білемін. Оның өркендеуі де тікелей адамға байланысты. Сондықтан оны әрқашан қорғап, сақтауымыз қажет.

Орманның аса қауіпті жауының бірі – өрт. Облыс аумағында қазір ауа температурасының құрғап, көтерілуіне, яғни, шілде, тамыз айларының аптапты ыстығына байланысты орман және дала өрттерінен сақ болуларыңызды сұраймыз. Өрт – орманның құнды аймақтарын жойып қана қоймай, айналасындағы көрші ағаштарға да залалын тигізеді. Сөйтіп, зиянды ошаққа айналады. Бұған демалушылар да кері әсерін тигізіп жатады. Өйткені, олар салдыр-салақтыққа жол беріп, күл-қоқыс тастап, орманды ластайды. Жағылған отты да дұрыс сөндірмейді. Орман осының салдарынан өрт құшағына оранады. Сол себепті табиғат байлығын сақтап, орманды өрттен қорғайық дегім келеді.

А. ДОСЫМБЕКОВ,
Талдықорған орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орман қорғау, сақтау инженері

■ҚАЛА АЙШЫҒЫ



ҮШАРАЛ ТҰЛЕЙ ТҰСТІ

Астананың 20 жылдық мерейтойына орай ашылған «Астана» саябағы Үшарал қаласының қазіргі бойтұмары іспеттес. Сондай-ақ, Алакөлден шыққан елжанды азамат Сауат Мыңбаевтың демеушілігімен салынып жатқан «Тарлан» спорт кешені де ел мерейін үстем ететін болашақ чемпиондарды жетілдіріп шығатын құтты шаңыраққа айналары даусыз.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Осы ретте «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бірсыпыра игілікті іс атқарылып, халықтың оң бағасын алғанын да айта кеткен жөн. Ауданда көпқабатты тұрғын үйлер салуға бөлінген 22 гектар жерге және жекеменшік тұрғын үйге бөлінген 150 гектар жердің инженерлік-коммуникациялық жүйесін жүргізуге, жобалық-сметалық құжаттарын даярлауға 20,6 миллион теңге бөлініп, игерілуде. Өткен жылмен салыстырғанда биылғы құрылыс жұмысының көлемі 129 пайызға артқан. Сонымен қатар, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Үшарал қаласының орталығынан 447 миллион теңгеге 60 пәтерлі жалдамалы тұрғын үй және 274 миллион теңгеге 13 елді мекенде учаскелік полиция пункті салынып жатыр.

Осы тұста қаланың шығыс жағынан тағы бір шағын ауданның алғашқы нысандары бой көтере бастады. Оған «Бағалы Алакөл» ЖШС мұрындық болып отыр. Мұндағы баспаналар соңғы үлгімен салынып, абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Онда балалар ойнайтын шағын алаңқай, спорттық нысандары бар. Жарық, судан көрер қиындық жоқ. Жылу мәселесі де толығымен шешілген. Жобаның жалпы құны 137 миллион теңгені құрайды. Пәтер кілттері кезекте тұрған азаматтарға, ерекше күтімді қажет ететіндерге, көп балалы аналар мен мемлекеттік қызметкерлерге табысталмақ. Бұдан бөлек шағын ауданда жиырма және алпыс пәтерлі бірнеше тұрғын үй, мектеп пен өзге де ғимараттар бой көтермек.

Алакөл ауданы

■ҚҰРМЕТ

КЕРЕЙҚҰЛ БАБАҒА ескерткіш орнатылды

Кеген ауданындағы Алғабас ауылында жоңғар шапқыншылығына қарсы соғысқа қатысып, өз тұсында аймақты еліне пана болған Керейқұл бабаға бүгінгі ұрпақтары еңселі ескерткіш орнатты.

Қанат БІРЖАНСАЛ,
"Жетісу"



Ескерткіш ҚР Үкіметі жанындағы Қазақстанда орнатылатын монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі комиссия отырысында мақұлданды. Тас мүсін ауылға келетін жолдың шетіне көрнекті жерге тұрғызылыпты.

Салтанатты ашылуында Алғабас ауылдық Мәдениет үйінің директоры, жергілікті сазгер Бақкелді Әкімбеков жырдан шашу шашты. Қоғам қайраткері, облысымыздың және Райымбек ауданының Құрметті азаматы Болат Әужанов Керейқұл баба туралы кеңінен әңгімеледі. Кеген ауданының әкімі Талғат Байедилов, Қазақстанның еңбегі сіңген өнер қайраткері, белгілі суретші Шәміл Қожаханов, Алғабас ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Бақытжан Сәменов, ауданның Құрметті азаматы Әбдірахман Тойғұлов, ауыл тұрғыны, қария Тоқтасын Стамшалов сөз алып, жиналған көпшілікті, баба ұрпақтарын қуаныштарымен құттықтады.

Осы күні баба аруағына Құран бағышталып, үлкен ас берілді. Кәдірбек Сүлеймен бастаған аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары, Алғабас ауылдық Мәдениет үйінің жанындағы әжелер ансамблі әсем әнмен қуанышты ажарландыра түсті.

Осылайша Алғабас ауылында өткеннен тағылым алар, ертеңге сабақ болар жақсы ойлы – бабаларының еңбегі мен есімін ел есінде мәңгі қалдыру.

Алғабас ауылы,
Кеген ауданы

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактордың міндетін атқарушы:
Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі – **41-10-46**, *бас редактордың орынбасарлары* – **41-10-47, 41-10-49,** *жауапты хатшы* – **41-10-50,** *бөлімдер* – **41-10-43, 41-10-68, 41-10-71,** *уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі* – **41-10-52,** *фототілшілер* – **41-10-53,** *жарнама бөлімі* – **41-10-51**.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – **279-13-37, 279-13-86.**

Меншікті тілшілер: Панфилов – **9-12-27**, *Іле және Қапшағай қаласы* – **8-777-016-44-11**, *Жамбыл* – **8-701-254-97-55**, *Талғар* – **8-701-400-28-49**, *Қарасай* – **8-701-347-60-32**, *Еңбекшіқазақ* – **8-701-212-00-96,** *Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары* – **8-775-323-08-50.**

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 60-11-39 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1189.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 43 162, оның ішінде «Жетісу» газетінің осы шығарылымының таралымы — 26 324. Индексі — 33 374.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС

■ СЕМИНАР



Жұмабай Мусабеков

ЖОҒАРЫ СҰРЫПҚА сұраныс бар

ҚЫЗЫЛШАШЫЛАР ЖАЗИРАЛЫ ЖАРКЕНТ ЖЕРІНЕ ЖИНАЛЫП, ҚАЗАҚСТАНДА ТӘТТІ ТҮБІР ТҰҚЫМЫН ӨСІРЕТІН БІРДЕН-БІР ОТАНДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ – «ҚАМҚОРЛЫҚ» ЖШС БАЗАСЫНДА КЕҢЕС ӨТКІЗДІ. «ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ ОТАНДЫҚ БУДАНДАРЫНЫҢ ТҰҚЫМЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗУ» ДЕГЕН ТАҚЫРЫПТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ДАЛАЛЫҚ СЕМИНАРҒА ҒАЛЫМДАР МЕН КӨКСУ, ЕСКЕЛДІ, КЕРБҰЛАҚ АУДАНДАРЫНДА ТӘТТІ ТҮБІР ӨСІРІП ЖҮРГЕН ЖЕТЕКШІ ШАРУАШЫЛЫҚ БАСШЫЛАРЫ ЖИНАЛДЫ. БАСҚОСУДА ОТАНДЫҚ ҚЫЗЫЛША ТҰҚЫМЫН ӨСІРУДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ.

Алдымен алқапта бораздалық тәсілмен тәтті түбір тұқымын өсірудің жолдары көрсетіліп, егістік алқаптарының технологиялық ерекшеліктері баяндалды. Содан кейін қызылшашылар мен ғалымдар «Қамқорлық» ЖШС қырманына жиналып, шаруашылық өсіретін тұқым түрлерімен және оларды өңдеу тәсілдерімен танысты. Арнаулы орында өткен келелі кеңесті Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Ш. Құрбанов кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ал жиынды Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Серік Кененбаев жүргізіп отырды.

– Уақыт талабы – елімізде заман ағымына сай, таралу ауқымы кең өнімдер өндіру. Бұл мәселе халықты сапалы, экологиялық таза азық-түлікпен қамтамасыз ететін аграрлық салаға қатысты, – деп сөз бастаған Серік Барманбекұлы бұдан арғы әңгімесін отандық қызылша тұқымын өндірудің маңыздылығына бағыттады. – Ал қандай да ауылшаруашылығы дақылының жақсы өсіп, сапалы өнім беруі ең алдымен оның тұқымының сапалы сұрыбына байланысты.

2003 жылдан бері қант қызылшасының элиталық тұқымын өсірумен шұғылданып келе жатқан Жаркент өңіріндегі «Қамқорлық» ЖШС – еліміздегі тәтті түбір тұқымын өндіріп жүрген жалғыз шаруашылық. Осы бір тың бастаманы қолға алған сәттен бастап серіктестік жетекшісі Әлен Жолдасов Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтымен, басқа да шетелдік ғалымдармен тығыз байланыс орнатып, тұтынушы талабына барлық жағынан жауап бере алатын қызылша тұқымын өсіруге ден қойды.

Кеңесте қызылшашылардың алдында Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ бөлім меңгерушілері Сейіткәрім Қалтаев, Керімтай Қонысбеков, аграрларға отандық және шетелдік тыңайтқыштар тарататын «Агро – Март» компаниясының өкілі Тимур Айбеков, «Қамқорлық» ЖШС төрағасы Әлен Жолдасов баяндама жасады.

Баяндамаларда негізінен отандық қызылша түрлерін көбейтіп, Алматы, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарында тұқым өндірумен шұғылданатын жаңа шаруашылықтар ұйымдастыру мәселелері айтылды. Қазіргі таңда «Қамқорлық» ЖШС Алматы облысындағы қызылша өсірушілердің 30 пайызын ғана тәтті түбір тұқымымен қамтамасыз етіп келеді. Қалған 70 пайыз тұқым шетелден сатып алынады. Қазірше бұл шаруашылықтың өндірісінде отандық ғалымдар шығарған «ҚазСиБ», «Айшолпан» атты қант қызылшасының түрлері бар. «Қамқорлық» ЖШС өсірген тұқым бағасы шетелдік сұрыптардан он есе арзан. Осындай жағдайда бәсекелестік бәйгесіне түскен бұлар өсірген тұқымға елімізде сұраныс ауқымы жыл өткен сайын артып келеді.

«Көктемде бір уыс – күзде көп ырыс», – деп аузы дуалы ата-бабаларымыз айтқандай, жаркенттіктер өндірген тұқымды жоғары бағалап, жақсы істің жанашыры болып жүрген отандастарымызға шаруашылық еңбеккерлері дән риза. Әсіресе, Алматы облысындағы Көксу, Ақсу, Сарқан, Ескелді, Алакөл аудандарында және көршілес Жамбыл облысындағы Меркі, Байзақов, Шу аудандарындағы өнір басшылары мен тәтті түбір өсіруге маманданған шаруа қожалықтары аталған серіктестікпен тығыз байланыс орнатқан. Болашақта Көксу ауданындағы «Кең дала» қожалығы қызылша тұқымын өсіруге маманданбақшы. Осыған байланысты келелі кеңесте отандық қызылша тұқымын өсіретін шаруашылықтар қатарын көбейту мәселесі ерекше назарға алынды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Панфилов ауданы

ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН КӨКСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЖИЫНЖАЙЫНДА «АУДАНДАР МЕН АУЫЛДАРДЫҢ ДЕРБЕС БЮДЖЕТІ» ТАҚЫРЫБЫНДА «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ» ӨТТІ. ОҒАН КӨКСУ, ҚАРАТАЛ, ЕСКЕЛДІ АУДАНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНАН ШАҚЫРЫЛҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІҢ БАС ЕСЕПШІЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

ЕҢБЕКТЕНГЕННІҢ ЕСЕБІ ТҮГЕЛ



Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Жиналысты Көксу ауданы әкімінің орынбасары Дәулет Халелов жүргізді. Облыстық қазынашылық департаменті басшысының орынбасары Дамир Дуспаев пен Көксу ауданының қазынашылық бөлімінің басшысы Сұлтан Сәкенов баяндама жасап, атқарылған жұмыстарды саралап, көпшіліктің сұрағына жауап берді.

Елбасының: «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары бағдарламасының 98-қадамында: «Селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілетін болады. Облыс орталықтарында және республикалық маңыздағы қалаларда азаматтардың тиісті бюджеттік жобаларын талқылауға қатысуының тетіктері жұмыс істейді», – деп көрсетілген. Осыған орай, бүгінге дейін қауырт жұмыс жүргізілді. Бұл міндетті арқалайтын бас есепшілерді даярлау, олардың тәжірибесін шыңдау үшін түрлі семинар, «дөңгелек үстел», қысқамерзімді курстар ұйымдастырылды. Нәтижесінде, биылдың 1 қаңтарынан бастап ауылдық округтер дербес бюджет бойынша өзін-өзі басқаруға көшкенде жұмыс бірден жүріп кетті. Десе де, жаңа жүйеге бәрі бірдей бейімделді деп айта алмаймыз. Келеңсіздік те орын алып жатты. Алайда, ол кемшіліктер дер кезінде түзеліп отырды. Бұл туралы Дәулет Кенжеханұлы жанжақты сөз етіп, алдағы жұмыс барысында қойылатын талаптарды нақтылады.

Сұлтан Стамшаұлының айтуынша, аталған жұмыс Көксу ауданында тыңғылықты жүргізілуде. Бүгінде аудандағы 10 селолық округтің жетеуі жергілікті өзін-өзі басқаруға көшкен. Қалғандарын 2020 жылы осы бағдарламаға ауыстыру көзделуде. Қазіргі 8 айдың қорытындысы бойынша олардың жұмыс барысы қанағаттанарлық деңгейде. Ауылдық округтегі бас есепшілердің біліктілігі де жоғары.

Шара аясында төрт ауданнан келген қатысушылар өздері түсінбеген тұстарын мамандардан сұрап, нақты жауап алды.

Көксу ауданы

ҒАЛАМШАР

ТОЛҒАҚ ҚЫСҚАН МИНИСТР



ТОЛҒАҚ ҚЫСҚАН ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ МИНИСТРІ ПЕРЗЕНТХАНАҒА ВЕЛОСИПЕДПЕН ӘЗЕР ЖЕТКЕН. ОНЫҢ АЙТУЫНША, КӨЛІКТЕ ОРЫН ТАБЫЛМАҒАНДЫҚТАН, ОСЫЛАЙ ІСТЕУГЕ МӘЖБҮР БОЛҒАН. БҰЛ ТУРАЛЫ «ҚАЗАҚПАРАТ» АГЕНТТІГІ ЖАЗДЫ.

«Жасылдар» партиясының өкілі Джули Джентер «Инстаграм» парақшасында ерімен бірге демалыс күні таңертең велосипедпен серуендеп жүрген суретін салып қойған. Сондай-ақ, 38 жастағы Джентер қосымша Көлік министрінің көмекшісі міндетін де атқарады. Ол жұртшылыққа велосипедке деген ерекше құлшынысымен танымал. «Міне, сәті келді! Маған сәттілік тілеңіздер. Көліктен гөрі біз велосипедті таңдадық. Есесіне менің көңілкүйім көтеріліп қалды!» – деп жазады министр «Инстаграм» парақшасында. Көп ұзамай айы-күні жетіп отырған әйелді толғақ қысып, жақын маңдағы ауруханаға әзер жеткені жайлы ақпарат тараған.

ЕКІ МИЛЛИОН ҚАЖЫ



КЕШЕДЕН БЕРІ ЕКІ МИЛЛИОН МҰСЫЛМАН САУД АРАБИЯСЫНЫҢ МЕККЕ ҚАЛАСЫНДА ӨЗДЕРІНІҢ ҚАЖЫЛЫҚ МІНДЕТІН АТҚАРУҒА КІРІСТІ. БҰЛ ЖАЙЛЫ ӨЗІМІЗДІҢ ОТАНДЫҚ «WWW.24.KZ» САЙТЫНДА МАҚАЛА ЖАРИЯЛАНДЫ.

Биыл бес парыздың бірін орындау үшін әлемнің түкпір-түкпірінен 1 миллион 700 мың шетелдік келген. Қалғаны – Сауд Арабиясының азаматтары. Олар үш күн ішінде Мұхаммед пайғамбардың өмірімен байланысты орындарға барып, қажылық салттарын жасайды. Оның ішінде Қағбаны жеті рет айналып, тәу ету, Арафада тұру, Мұздалифада түнеу, шайтанға тас ату, құрбандық шалу сияқты амалдар бар. Құрбандық шалудан кейін Құрбан айт басталады. Қажылыққа байланысты Сауд Арабиясында қауіпсіздік шаралары күшейтілген. Сондай-ақ, әдеттегідей жедел дәрігерлік қызмет көрсету топтары көбейтіліп, адамдарға әртүрлі жағдайда көмек көрсететіндер көбірек.

АРКТИКАЛЫҚ КИІЗ ҮЙ



РЕСЕЙДІҢ КРАСНОЯРСК ӨЛКЕСІНДЕ СУЫҚ АУА РАЙЫНА БЕЙІМДЕЛІП ЖАСАЛҒАН ҚЫРҒЫЗСТАНДЫҚ КИІЗ ҮЙ ҰСЫНЫЛМАҚ. «ТАСС» АГЕНТТІГІНІҢ МӘЛІМДЕУІНШЕ, АҚ КИІЗДЕН ЖАСАЛҒАН ҚЫРҒЫЗДЫҢ КӨШПЕНДІ ҮЙІ ҚАЛАҒА ЖЕТКІЗІЛІП ҚОЙҒАН.

Арктикалық киіз үйдің ресми ашылу салтанаты жаз айының соңғы күніне жоспарланып отыр. «Қырғыздың ақ киіз үйі Дудинкаға (Красноярск өлкесіндегі қала) жеткізіліп қойды. Енді қаладағы жағалауға орнатылады. Таныстырылымын Қырғызстанның 31 тамыз – Тәуелсіздік күніне жоспарлап отырмыз. Келешекте киіз үй әртүрлі мейрамдарды тойлау кезінде пайдаланылмақ», – дейді Дудинка қаласы халық шығармашылығы орталығының директоры Марина Жаркова. Дудинка мэриясының мәліметінше, киіз үй «Қара жорға» отбасы клубы қайырымдылық жобасы аясында тігілген. Бүгінде Ресейдің ең полярлы елді мекені болып табылатын Дудинкада 170-ке жуық қырғызстандық тұрып жатыр.

САҒАТЫНА 1200 ШАҚЫРЫММЕН ЖҮЙТКИДІ



КАНАДАНЫҢ «TRANSPOD» КОМПАНИЯСЫ «HYPERLOOP» ТЕХНОЛОГИЯСЫН СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ ҮШІН ФРАНЦИЯДАҒЫ ШАҒЫН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ БІРІ – ДРУ АУЫЛЫН ТАҢДАДЫ. ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТЕК ҚОНДЫРҒЫСЫН ОРНАТУДЫҢ ӨЗІНЕ 21 МИЛЛИОН ЕУРО ЖҰМСАЛМАҚ.

Бұл жайлы «Euronews» телеарнасы арнайы түсірілім жасады. Сонымен, жаңа технологияның аты – жолаушыларға арналған кәдімгі пойыз. Бірақ жылдамдығы жолаушылар ұшағынан асып түседі. Бүгінде Францияның «TGV» атты пойызы сағатына 574 шақырымды бағындырады. Бұл пойыз жылдамдық жағынан әлемдік рекордтың көшін бастап тұр. 2015 жылы құрылған «TransPod» Франция билігіне өтініш беріп, сынақ алаңын салуға рұқсат алу үстінде. «Лицензия қарашада мақұлдануы тиіс. Ал монтаждау жұмыстары 2019 жылғы қаңтарда басталады», – дейді «TransPod» компаниясының бас директоры Себастьян Гендрон. Американдық белгілі кәсіпкер Илон Маск құрастырған жолаушы пойызы болашақта сағатына 1200 шақырым жылдамдықпен жүйткімек.

44 ПЛАНЕТА АНЫҚТАЛДЫ



ҰЗАҚ УАҚЫТ ГИБЕРНАЦИЯ ПРОЦЕСІНДЕ БОЛҒАН "КЕПЛЕР" ТЕЛЕСКОПЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУДЕН ӨТІП, ЖЕРГЕ ЖАҢА АҚПАРАТ ЖІБЕРДІ. ҒАРЫШ ТЕЛЕСКОПЫ АРҚЫЛЫ БҰҒАН ДЕЙІН 1000-НАН АСА ҒАЛАМШАР ЖОБАСЫ ЖАРИЯЛАНҒАН ЕДІ. ОНЫҢ ІШІНДЕ ҒАЛЫМДАР 44 ҒАЛАМШАРДЫ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫММЕН НАҚТЫЛАП ҚОЙДЫ.

Күні кеше ғарыштық зерттеудің соңғы операциясы жүзеге асырылып, ең пайдалы әрі нәтижелі жұмыс қорытындыланды. Бұл туралы «Массагет.кз» сайтына зерттеу материалы салынды. "Кеплердің" 95 мегапиксельді фотометріне 44 жаңа планета іліккен. Оның ішінде 16 планета жердің құрылымына барынша ұқсас болып шықты. Алайда бұл экопланеталар жерге ұқсағанымен, ондағы климат Меркурий мен Шолпандағыдай екен. Шамасы, онда саналы тіршілік көзі жоқ, бірақ бактериялар болу ықтималдығы жоғары. Анализ планеталардың көлемі мен ондағы температураны анықтауға да мүмкіндік беріп отыр. Нәтижелі жұмыстарға қол жеткізіп отырған американдық NASA ғарыштық зерттеу орталығы алдағы уақытта арнайы брифинг ұйымдастырмақ.

ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕР ҚОСЫЛДЫ

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

БЖЗҚ 2018 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕ ҚАРАЙ САЛЫМШЫҒА ШОТ АШУДАН БАСТАП, ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН АЛУҒА ДЕЙІН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТТА БАРЛЫҚ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТЕ АЛАДЫ. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША КОМПАНИЯЛАРҒА АУДАРУ ЖӘНЕ ЕРІКТІ ЖАРНАЛАР БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕР АЛУ СЕКІЛДІ ОНЛАЙН-СЕРВИСТЕР ӘЗІРЛЕНІП ЖАТЫР. ШЕТЕЛГЕ ТҰРАҚТЫ ТҰРУҒА КЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӨЛЕМДЕР, ЖЕРЛЕУГЕ ЖӘНЕ МҰРАГЕРЛЕРГЕ БЕРІЛЕТІН ТӨЛЕМДЕР ОСЫ ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША ҚҰЖАТТАР ҰСЫНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИСТЕР ҚАТАРЫНА ЕНГІЗІЛМЕДІ.

Электрондық цифрлық қолтаңбаға ие бола отырып, Қор сайтының «Электрондық қызмет көрсету» бөлімінде жеке зейнетақы шотын ашу жөнінде өтініш беруге, жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірме алуға, жеке деректемелерге өзгерістер енгізуге, интернет хабарландыруды таңдай отырып, ақпарат алу тәсілін өзгертуге, зейнетақы төлемдерін тағайындау жөнінде өтініш жолдап, оның орындалу барысын қадағалауға болады. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың алғашқы жартысында жаңа «Жеке зейнетақы шотын ашу жөніндегі өтініштің көшірме-нұсқасын алу» электрондық қызметі, сондай-ақ, «Ерікті зейнетақы жарналары есебінен өз пайдасына шарт жасасу» сервисі әзірленіп, іске қосылды. Одан басқа, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2018 жылдың мамырында танымал Telegram мессенджері үшін өзінің ботын іске қосты. Пайдаланушылар жаңа қызметтің көмегімен қысқа үзінді-көшірме алу немесе үзінді-көшірмені электрондық поштасына жіберу, жеке кабинетке кіру паролін қайта қалпына келтіру, қордың маңызды жаңалықтары және ағымдағы көрсеткіштерімен танысу, сондай-ақ, оның ең жақын бөлімшесін табу мүмкіндігіне ие болды. Салымшылар және алушылармен өзара байланысты нығайту және кеңейту мақсатында есепті кезеңде жаңа «WhatsApp» қызметін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді. Ол салымшылар мен алушыларға, олардың ішінде шетелде жүргендерге жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ қызметі туралы қажетті ақпаратты автоматты түрде тез алуға мүмкіндік береді. Жаңа арна шілде айында іске қосылды.

Ағымдағы жылдың алғашқы жартысында электрондық арналар арқылы 7,5 млн. қызмет көрсетілді. Бұл есепті кезеңде жүргізілген қызметтердің жалпы көлемінің 72 пайызын құрады. Бұл ретте Қор кеңселерінде және көшпелі қызмет көрсету барысында 2,9 млн. операция орындалды. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап жеке және корпоративтік зейнетақы калькуляторын қолдана отырып, салымшыларға болашақ зейнетақыны жоспарлау бойынша ақылкеңес беріп келеді. Үш ай ішінде (2018 жылдың 2 сәуірі мен 30 маусымы аралығы) зейнетақыны жоспарлау мәселелері бойынша келушілермен 118 517 кеңес өткізілді.

2018 жылдың шілдесінде enpf.kz сайтының Жеке кабинеті және «Электрондық қызмет көрсету» бөлімінде жаңа қызмет – ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу қызметі іске қосылды. Оны пайдалану үшін салымшылар мен алушыларда электрондық цифрлық қолтаңбаның (ЭЦҚ) кілті болуы керек. Қызмет көрсету сапасының жоғары деңгейде екендігін халықаралық сарапшылар растап отыр. Ағымдағы жылдың наурыз айында «БЖЗҚ» АҚ сапа менеджменті жүйесі бойынша (СМЖ) сертификациялық аудиттен сәтті өтті. Мақсат – оның ISO 9001:2015 халықаралық стандартының зейнетақы қызметтерін көрсету саласындағы талаптарына сәйкестігін растау. Аудитті алдыңғы қатарлы TUV Thuringen e.V (ТЮФ Тюринген, Германия) еуропалық компаниясының халықаралық аудиторлары жүргізді.

2018 жылдың 1 шілдесіне қарай зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 8,4 триллион теңгені құрап, жыл басынан бері 663,6 млрд. теңгеге немесе 9 пайызға өсті. Биыл алғашқы жартыжылдықта салымшылар мен алушылардың зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 356,4 млрд. теңге болды. Жыл басынан бері табыстылық 4,5 пайызға жетті. Бұл кезеңде инфляция деңгейі 2,6 пайыз болды. Ал жылдық тұрғыда алып қарайтын болсақ, Қордың зейнетақы активтерінің табыстылығы 2017 жылдың 1 шілдесі мен 2018 жылдың 1 шілдесі аралығында 9,5 пайызды құрап отыр. Ал бұл кезеңдегі инфляция деңгейі 5,9 пайыз болды. Жалпы, 2018 жылдың алғашқы жартысының қорытындысы бойынша 5,6 миллионнан астам адам Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы жарналарын аударды. Ал олардың 70 пайызы (шамамен 4,1 млн. адам) зейнетақы жарналарын жылына кемінде алты рет аударады. Бұл ретте олардың төлеген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы 407,4 млрд. теңге болды. Салыстырып қарайтын болсақ, 2017 жылы 5,9 миллионнан астам салымшы БЖЗҚ-ға жалпы сомасы 756,1 млрд. теңгеге міндетті зейнетақы жарналарын аударды. Бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 8 пайызға жоғары.

Салымшылардың дерекқорында 2015-2017 жылдар аралығында ашылған, бірақ содан бері бірде-бір рет жарна түспеген немесе тұрақты түсіп тұрмаған шоттар анықталды. 2018 жылдың ақпан-маусым айлары аралығында 218,4 мыңнан астам салымшымен байланыс орнатылды. Солардың 13 пайызы, яғни 29 мыңға жуық адам қосымша ақылкеңес алу үшін Қорға хабарласты. Ал 50,65 мың шотқа жарналар аударылды. Экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтардың барлығын жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамту мақсатында бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғасатын болады.

Алғашқы жартыжылдықта БЖЗҚ-дан төленген зейнетақы төлемдерінің сомасы 100,9 млрд. теңге, оның ішінде, сақтандыру ұйымдарына жасалған аударымдар 8,8 млрд. теңге болды. Кесте бойынша төлемдер 63,4 млрд. теңгені құрады, оның ішінде, жыл сайын – 61,9 млрд. теңге, үш ай сайын – 11,9 млн. теңге және ай сайын – 1,5 млрд. теңге төленді. Бұдан басқа, БЖЗҚ жалпы сомасы 28,6 млрд. теңгеге бір жолғы төлемдерді жүзеге асырды. Оның ішінде зейнеткерлік жасқа толуға байланысты берілген бір жолғы төлемдер сомасы – 1,6 млрд. теңгені құрады.

«БЖЗҚ» АҚ БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ



■ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ ЖАҢАРАДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ЖАЯУ ЖҮРГІНШІ, КӨЛІК ТІЗГІНДЕГЕН ЖҮРГІЗУШІЛЕР НАЗАРЫНА: БАРЛЫҚТАРЫҢЫЗҒА БЕЛГІЛІ, ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚЫЗУ ДАЙЫНДЫҚ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Соған орай Талдықорған қаласының барлық мектептері жанындағы жол қауіпсіздігін сақтау белгілерін тексеру, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Тексерісті Талдықорған қаласының ішкі істер басқармасы, әкімшілік полиция бөлімінің жол-техника бақылау тобының аға инспекторы қызметкері, полиция майоры Дидар Өтепбергенұлы мен полиция аға лейтенанты Диас Наурызбаев жүргізді. Кеткен кемшіліктер Талдықорған қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне жолданып, қалпына келтіру туралы ұйғарым жіберілді. Қала әкіміне де ақпарат берілді. Сондықтан жолда барынша абай болуларыңызды сұраймыз!

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

■ КӨКЕЙКЕСТІ

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНЕ қосылу жеңілдеді



КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНДА АТОМДЫҚ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ МЕН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ОБЛЫС БОЙЫНША АУМАҚТЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ, СОНДАЙ-АҚ, ЭНЕРГИЯ ӨНДІРУШІ, ЭНЕРГИЯ ЖЕТКІЗУШІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАУШЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ МЕН ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛУ ҮРДІСТЕРІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША ШАРАЛАРДЫ ТҮСІНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ЖИЫН ӨТТІ.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
“Жетісу”

Аталмыш департамент басшысы Ерлан Нұркерімов кәсіпкерлік қызметті түбегейлі жақсарту және Қазақстанның көрсеткіштерін дүниежүзілік банктің «Doing Business» халықаралық рейтингінде және дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінде жақсарту бойынша қарқынды жұмыс жүргізіп жатқанын мәлімдеді. Жиында белгілі болғандай, жыл басынан бері департамент кәсіпкерлер арасында қолға алынған шараларды түсіндіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруда.

Электр желілерін тұрақты түрде модернизациялау Қазақстан Республикасының бірыңғай электр және энергетикалық жүйесінде технологиялық ақауларды 2015 жылы 4 209-дан 2017 жылы 3 796-ға дейін, яғни 11 пайыз төмендеткен.

– Электрмен жабдықтау желілерінің жүйесін оңтайландыру үшін ҚР Энергетика министрлігі тарапынан қосылу үрдістерінің санын төртке дейін төмендету үшін бірқатар заңнамалық өзгертулер енгізілді. Электрмен жабдықтау туралы келісімшарт пен электр энергиясын есепке алу құралдарының пломбасын алу біріктірілді. Тұтынушының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органы мен жол полициясын хабарлау қажеттілігі алынып тасталды. Бұл талап электрмен жабдықтау желілеріне құрылыс – монтаждау жұмыстарын жүргізетін ұйымдарға жүктелді. 2016 жылы Электр энергиясын қолдану туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу аясында құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтаған соң энергетикалық сараптама қорытындысын алу қажеттілігі жойылды, – деп түсіндірді аталмыш департамент мамандары.

Жүргізілген реформалардың нәтижесінде ендігі кезекте кәсіпкер үшін нысанды электрмен жабдықтау желісіне қосылу төрт үрдістен тұрады. Олар: өтініш беру мен энергия жеткізуші ұйымнан техникалық шарттарды алу – 4 күн; құрылысты бастауға тапсырыс беру мен күту (жобаны әзірлеу, келісім алу мен бекіту) 33 күн; бекітілген жобаға сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарының аяқталуын күту – 26 күн; электрмен жабдықтау туралы келісімшарт – 4 күн.

Кездесу барысында «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «ТАЭТК» АҚ, «Жетысу Энерготрейд» ЖШС мамандары кәсіпкерлер сауалдарына жауап беріп, электр желілеріне қосылуды жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың қорытындысы мен ағымдағы жоспарларымен бөлісті.

Айта кетейік, Талдықорған қаласының кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында бір терезе қағидаты бойынша «ТАЭТК» АҚ маманы кәсіпкерлерге электр желілеріне қосылу жөніндегі техникалық шарттарды беру бойынша қызмет көрсетеді.

■ СЕМИНАР



АЙТЫЛҒАН СӨЗ АЛҚАПТА ҚАЛМАСЫН

САНАУЛЫ КҮНДЕРДЕН КЕЙІН ЖҮГЕРІ ӨСІРЕТІНДЕР ҮШІН НАҒЫЗ ЕҢБЕК МАЙДАНЫ БАСТАЛАДЫ. АЛА ЖАЗДАЙ КҮТІП, БАПТАП ӨСІРГЕН «ДАЛА АРУЫН» ЖИНАП, ЖӨНЕЛТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ. ОСЫҒАН ОРАЙ АУДАНДАҒЫ ДИҚАНДАР НАУҚАН АЛДЫНДА БАС ҚОСЫП, ЖИЫН ӨТКІЗДІ.

Биыл облысымызда жалпы 80 мың гектарға жүгері өсірілді. Соның 25 мың гектардан астамы соңғы алпыс жыл көлемінде жүгеріні жетекші дақыл ретінде өсіріп келе жатқан жазиралы Жаркент егіншілерінің еншісінде. Бұл елді мекенде «дала аруын» баптау тәжірибесі де, өсіру технологиясы да бай.

Жиын «Жүгері буданын өсіру технологиясы» деген тақырыпта өтті. Элиталық жүгері тұқымын өсіретін «Ернар» ЖШҚ базасында ұйымдастырылған шараға Панфилов, Еңбекшіқазақ, Үйғыр, Іле және Ескелді аудандарының жүгерішілері мен ауылшаруашылығы мамандары, зерттеушілер қатысты. Семинарға жиналғандар бірінші «KOPPERT AGRI», «Syngenta», «Eurasia Group» сынды елімізге ғана емес, әлемге белгілі егіншілікке қажетті техникаларды, тыңайтқыштарды, басқа да химикаттарды тарататын компаниялардың өнімдерін тамашалады. Екінші кезекте «Ернар» ЖШҚ жаңа технологиялармен өсіріп, сынақтан өткен, енді жаңа тұқым есебінде өндіріске ұсынылған жүгері алқабымен танысты.

Семинарды Панфилов ауданының әкімі Темірлан Бектасов ашып, арнайы келген қонақтарды таныстырды. Сөз алған «Ернар» ЖШҚ жетекшісі Тасқын Жапарқұл қожалықтың телімінде сынақтан өткен жүгерінің түрлерін атап, жаңа тұқымдарды кеңінен талдап өтті.

Бүгінгі ауылшаруашылығы өндірісін ғылым жетістіктерімен байланыстырмау мүмкін емес. Әсіресе, қолжетімді отандық элиталық тұқым табу тауқыметі күн тәртібінен түспей тұр. Егін егу мен оны өсірудің, жинап, өнімін сақтаудың технологиялары да өте маңызды. Мінберге көтерілген академик, Қазақ егіншілік ғылыми зерттеу институтының бас директоры Серік Кененбаев, облыстық ауылшаруашылығы басқармасы тұқым шаруашылығы бөлімінің басшысы Аманбек Қасымов, «KOPPERT AGRI» компаниясы директорының орынбасары Рик Вандер Пас, «Балтабай» ЖШС директоры Кәрім Құдайбердиев, «Syngenta» компаниясының маманы Самат Сәрсенов аталған мәселені атап көрсетіп, тың ұсыныстарын ортаға салды. Сондай-ақ, егіншілерді ғалымдармен, зерттеушілермен тығыз байланыста жұмыс істеуге шақырды. Дала төсінде өткен кеңеске қатысушылар айтылған ұсыныстар алқапта қалмаса игі десіп тарқасты.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Панфилов ауданы

■ ТЕХНОЛОГИЯ

Бизнес өкілдері үшін көпфункционалды мобильдік платформаның таныстырылымы болды. Indigo 24 - тәулік бойы тауарлар немесе қызмет түрлеріне төлем жүргізуге арналған әмбебап төлем жүйесі бар қосымша саналады.

Мобильдік қосымша таныстырылды

Таныстырылым барысында жоба авторы, «Evolution Corporation» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы Дәурен Қазбекұлы аталмыш қосымшаның басымдығы мен мүмкіндіктері жөнінде айтып өтті. Жас кәсіпкер Талдықорған қаласының тумасы. Бүгінде Алматы қаласында IT саласында қызмет етеді. Компания түрлі мобильдік сервистер әзірлейді және елуден аса адамды жұмыспен қамтып отыр. ТМД мен шетелдерде 70 мыңнан аса серіктесі бар.

– Indigo 24 толықфункционалды мессенджер қызметін атқарады. Достарыңызбен сөйлесіп, өзара ақшаны жедел аударуға болады. Сенімді электрондық әмиян теңгерімді толтыру, коммуналдық қызметтерді төлеу, әуе және теміржол билеттерін сатып алу сияқты 1000-нан аса қызмет түрі бойынша төлем жасауға мүмкіндік береді. Төлемдер комиссиясыз жүргізіледі. Біздің платформада геолокация арқылы қажетті мекемені, қонақүйді, медициналық орталықты тауып, QR код арқылы төлем жасауға мүмкіндігіңіз бар,– дейді Дәурен Қазбекұлы.

Алдағы уақытта жоба әзірлеушілері қосымшаға бірқатар мемлекеттік қызмет түрлерін енгізуді жоспарлап отыр. Сонымен бірге, компания Indigo терминалы және адамның тұрғылықты орны мен жүрісін бақылай алатын GPS-трекер секілді өнімдерді ұсынбақ.

Таныстырылым кезінде кәсіпкерлер өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, жауап алды және аталған қосымшаның қызметін тексеріп көрді. Облыстық кәсіпкерлер палатасының жобаларды сүйемелдеу бөлімінің басшысы Дана Жамболатованың айтуынша, бұл қосымша бизнес қызметтерін енгізу, өнімдер мен қызмет түрлерін жарнамалауға арналған тиімді интернет алаңы болып табылады. Indigo 24 қосымшасын Google Play немесе AppStore арқылы жүктеп алуға болады. Сервис www.indigo24.com сайты арқылы да қолжетімді.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

■ МАҚТАНЫШ

Балуандарды қарсы алды

Өткен жұма күні бозкілемде өнер көрсеткен балуандар елге оралды. Солардың ішінде ел мақтанышы, жетісулық балуан Нұрмахан Тыналиев те бар. Ол осыған дейінгі Азия ойындарының екі дүркін чемпионы атанған. Бұл жолы да ел-жұрты Нұрмаханнан алтын күткені жасырын емес еді. Ақтық сында жерлесіміз өзбекстандық балуанға есе жіберіп екінші орынды қанағат тұтты. Бірақ, күміске қол жеткізу де үлкен күш.

Жетісу жұртшылығының өкілдері чемпионды қарсы алу үшін Алматы әуежайы алдына жиналды. Олардың ішінде облыстық дене шынықтыру және спорт басқарамасының өкілдері, елімізге әйгілі чемпиондар, спортшының туған-тусқандары мен досжарандары болды.

– Дүбірлі додаға қатысқан балуандарымыздың өнерін басынан аяғына дейін тамашаладық. Біздің облыстан әйелдер арасындағы еркін күрестен екі қызымыз – Қасымова Аяулым және Бақбергенова Жамиля қатысты. Екеуінен де мол үміт күткен едік. Өкінішке қарай, ол үмітіміз ақталмады. Ерлер арасындағы еркін күрестен Жандос Исмайлов ел намысын қорғады. Ол да сүрініп кетті. Ал грек-рим күресінен екі тәжірибелі балуандар қатысты. Олар – Нұрмахан Тыналиев пен Асхат Ділмұхамедов. Әрине, бұл екі жігіттен біз алтын күткен едік. Өйткені олар әлемге әйгілі спортшылар.

Мен Нұрмаханға ирандық балуанмен күресте қиын болатын шығар деп ойлаған едім. Өйткені ол өзбек жігітімен бұдан бұрын бозкілемде талай белдесіп ұтып жүрген. Бірақ, жарыстың аты – жарыс. Десек те Нұрмаханның жеңіс тұғырынан көрінуі біз үшін үлкен мақтаныш, – дейді Бейжің олимпиадасының күміс жүлдегері, облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебінің директоры Нұрбақыт Теңізбаев.



Индонезияда өтіп жатқан XVIII жазғы Азия ойындарының аяқталуына да санаулы күндер қалды. Байрақты бәсекеге 440 спортшымыз ел намысын қорғауға аттанған болатын. Бүгінгі таңда қоржынымызға 5 алтын, 8 күміс және 28 қола медаль түсіп үлгерді. Әрине, бұл көрсеткіштер одан ары да толыға түседі деген үміттеміз.

Болат МӘЖИТ,
“Жетісу”

Спортшылар мінген ұшақ та әуежайға келіп қонды. Оларды жанкүйерлер құшақ-құшақ гүлдермен қарсы алды. Нұрмаханның бет-жүзінен қатты шаршағаны көрініп-ақ тұр. Бір аяғын сылтып басып әрең жүріп келе жатқанын айқын аңғарасыз.

– Жарысқа дейінгі дайындық жоғары деңгейде өтті. Бапкерлеріме ризамын. Бір әттеген-айы, Азия ойындарына бір жарым ай қалғанда қатты жарақат алып қалған едім. Ақтық сында сол жарақат кедергі жасады. Әрине, спортта ондай жағдайлар болып тұрады. Алда әлем чемпионаты келе жатыр. Жақсылап ем-дом алғаннан кейін жаттығуды қайта бастаймын, – дейді күміс жүлдегер атанған балуанымыз Нұрмахан Тыналиев. Спортшының сөзін бапкері ары қарай жалғастырды.

– Мұндай ауыр жарақатпен финалға шығу оңай емес. Нұрмахан намысқа тырысып, ерлік көрсетті. Бұл – үлкен абырой. Оған ешқандай сын таға алмаймыз. Алдағы жарыстарда жігіттеріміз жеңіс тұғырынан көрінеді деген үміттеміз. – дейді облыстың аға бапкері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Азамат Көкебаев.

Сан түрлі салтанаттарға куә болған халықаралық әуежай бүгінде жеңімпаз ұлдарына мейірленіп қарап тұрғандай. Әуежайдың құтты босағасынан сыртқа шыққан көпшілік чемпиондарды ортаға алып қалаға қарай беттеді.

Алматы

■ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Басты талап

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ БАС ҚОСАТЫН КЕЛЕЛІ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІН АЙҚЫНДАЙТЫН КӨРКЕМДІК МАҢЫЗҒА ИЕ КӨРМЕНІ ТАМАШАЛАУДАН БАСТАУ АЛДЫ. ЖЫЛ САЙЫН ДӘСТҮРЛІ ТҮРДЕ ЖАЛҒАСЫН ТАУЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН БҰЛ ШАРАҒА АУДАННЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАТЫСЫП, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТӨҢІРЕГІНДЕ МАҢЫЗДЫ ОЙЛАРЫН ӨРБІТТІ.

Ұлбосын ИСАБЕК,
“Жетісу”

Күн тәртібінде Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауын жүзеге асыру аясында аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Н. Оралханова кең көлемді баяндама жасады.

– Ауданда жалпы білім беретін 43 мектеп жұмыс істейді. Білім мекемелеріндегі оқушы саны – 37596. Ауданға қарасты 25 елді мекенде мектеп жоқ. Осы себепті, 2635 оқушы тасымалданып оқытылады. Биыл 1350 жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен отбасы балаларын тегін ыстық тамақпен қамту үшін бюджеттен 70 млн. теңге бөлінді. Барлық мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа оқу жылына білім мекемелеріміз толық дайын, – деген бас баяндамашы бұдан әрі республикалық «Мектепке жол!» акциясы аясында 251 баланы мектепке дайындауда демеушілік көрсетілетіндігін тілге тиек етті.

Баяндамадан соң тамыз кеңесіне қатысушы білім мекемелерінің басшылары жарыссөзге шығып, білім-тәрбие турасындағы толғамды ойларын ортаға салды.

Тамыз кеңесін қорытындылаған аудан әкімі Рыскелді Сатбаев:

– Өткен оқу жылында аудандық білім беру мекемелерінің жетістіктерін мониторингілеу мақсатында сырттай бағалауға 4-9-11-сыныптары қатысты. Нәтижесінде ауданымыз ең төменгі 46,5 балл көрсеткішін көрсетті, – деп мектеп басшыларына білім берудің барлық деңгейінде математика мен жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейтуді қатаң бақылауға алуды тапсырды. Сондай-ақ, спорттық секциялардың да жұмысы көңіл көншітпейтіндігін айрықша атады.

Жалпы білім беру саласының жетістігімен қоса кемшілігін де қалтарыста қалдырмаған Рыскелді Ахметқалиұлы аудан ұстаздарын алдағы Білім күнімен құттықтап, еңбектеріне табыс тіледі. Сондай-ақ, жас мамандарды мұғалімдер қатарына қабылдап, Сенімхат тапсырып, бірқатар ұстазды білім беру саласындағы жетістіктері үшін Алғыс хатпен марапаттады.

Талғар ауданы

■ МЕДИЦИНА

ЖҮРЕК САҢЫЛАУЫ жаңа тәсілмен жабылды

ОБЛЫСТЫҚ КАРДИОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИЛІГІН ШЫҢДАУ МАҚСАТЫНДА АЛМАТЫДАН АЗИЗ ОҢЛАСЫНОВ БАСТАП КЕЛГЕН АҚ ХАЛАТТЫЛАР ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫН ӨТКІЗДІ.

Құралбек СӘБИТОВ,
“Жетісу”

Облыстық кардиология орталығында оңды жаңалық. Өңірімізде тұңғыш рет жүрек қалқаншасын жамау отасы жасалды. Отандық медицинаның жедел дамуы Жетісу жеріне жеткені көңіл көкжиегін арттырып, жаңа мүмкіндікті паш етті. Окклюдер арқылы жүрек қалқаншасы саңылауын транскатерлі жабу әдісі бойынша басталған шеберлік сабағы сәтті басталып, абыроймен аяқталды. Облыс аумағындағы алғашқы отаға ілінген сырқаттарға, яғни екі науқасқа жаңа әдістің жолы бұйырды.

Облыстық кардиология орталығында емделіп жатқан өңір тұрғындары бұрыннан бері жүрек ауруы бойынша тіркеуде тұрады. Көксу ауданынан келген Мерхат Барахов бойындағы туабітті сырқаттың қатерін кейіннен білген. Тіпті әскерге аман-есен барып келген ағамыз 40-тан асқан тұсында мұрнынан қан кетіп, тексерілу барысында жүрек ауруына шалдыққанын ұққан. Міне, бүгін сол науқастың бетін қайтаруға қолайлы сәт туды. Мерхат Тұрсынмаметұлымен тілдескенімізде Талдықорғандағы алғашқы отадан сәл де болса сескеніп, қобалжып, бойын қорқыныш жаулағанын да жасырмай айтып өтті. Бірақ осындай мүмкіндік туындаған сәтте тізімге алғашқы болып ілінгеніне қуанышты екендігі жүзінен аңғарылып тұрды. Ота жасалатын екінші науқас Ольга Галушинко Ескелді ауданынан келген. Жүректе тесік бар деген диагноз арқалаған науқас жоспарлы отаға дәп түскеніне қуанышты екендігін жеткізді.

Науқастарды ота алдында арнайы тексерістен өткізіп, дайындық жұмыстарын жасатқаннан кейін ота бөлмесіне жатқызды. Өз ісінің маманы атанған Азиз Оңласынов жүрек қалқаншасын жабу жұмысына кірісіп кетті. Жаңа әдістің мүмкіндіктерін биік деңгейде меңгерген маман дәл осы бағытта бұрыннан бері біраз ота жасап, сәтті аяқтаған. Медицина мамандарының сөзіне сүйенсек, негізінде бұл ота күрделі оталар тізімінде. Бұрын бұл ота қиындығымен ерекшеленіп, науқас наркоз арқылы ұйықтатылып, кеуде қуысы ашылған. Содан кейін барып жүректің тесігін тігу жұмысы басталған. Ал қазір окклюдермен тамыр арқылы жүрек қалқаншасының саңылауы бітеледі. Бұл сәтте науқас ояу жатып, тіпті, ота барысын бақылай алады. Осы жайт та оған аса қауіп тудырып, қиындық келтірмейтін көрінеді.

Облыстық кардиология орталығының директоры Рахымберді Сұлтанбеков өңірімізге білікті мамандардың келіп, шеберлік сабағын өткізіп жатқандығына бірден-бір себепші. Бас дәрігер мықты мамандарды өзі шақырған. Сондай-ақ, жетісулық дәрігерлер жаңа тәсілді барынша меңгеріп кетсе деген тілегі барын да жасырмады. Орталықта жылына 200-ден аса жүрек отасы жасалады, ендігі кезекте ақ халаттылар жүрек қалқаншасын жамау әдісін де ақырындап оталар тізіміне енгізбек. Ол үшін шеберлік сынын мұқият қарап, отаның қырсырын терең меңгерулері тиіс.

Бас-аяғы бір сағаттан аса уақытты қамтыған ота сәтті аяқталып, Азиз Оңласынов науқастардың жағдайы қалыпты екендігін жеткізді. Оның айтуынша, жаңа әдіспен жасалған ота науқастарға еш қауіп төндірмейді, керісінше, олар отадан соң бірден оңалып, бірер күннен соң бойын тіктейді. Міне, осылайша қауіптен құтқарып, уақытты үнемдейтін жаңа тәсіл қос сырқаттың оңай жолмен оңалуына септігін тигізді. Болашақта мұндай шеберлік сыныптары көбірек ұйымдастырылып, тіпті, облыс мамандары жүрек алмастыру жұмысын да меңгермек ниетте.

■ СЕЛЕКТОР

Облыс әкімінің орынбасары Серікжан БЕСКЕМПІРОВТІҢ төрағалығымен селекторлық жиын өтті. Оған аудан, қала әкімдері мен олардың ауылшаруашылық саласы бойынша орынбасарлары, ветеринарлық және кәсіпкерлік бөлімдерінің басшылары қатысты. Жиында сиыр етін экспорттау, егістік алқаптарының электронды картасын Минагро.kz веб-порталына енгізу, 15-16 қыркүйекте Астана қаласында өтетін облыстың ауылшаруашылық жәрмеңкесіне дайындық жұмыстары қаралды.

Экспорт көлемі ұлғаяды

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Алдымен өңірдегі сиыр етін экспорттауға қатысты атқарылған жұмыстар туралы аудан әкімдері мен олардың орынбасарлары онлайн режимде есеп берді. Биыл облыс бойынша 2 мың тонна сиыр етін шетелдерге экспорттау жоспарланған. Ал бүгінгі күнге дейінгі ақпарат бойынша жоспардың 10 пайызы ғана орындалыпты. Серікжан Ісламұлы аудан басшыларынан сол өңірге берілген жоспар мен оның орындалу барысын сұрады. Аудан әкімдері мен орынбасарларының айтуынша, ет экспортына қатысты барлық дайындық жұмысы ойдағыдай жүргізілуде. Сойылатын мал басы да жеткілікті. Әр аудандағы ет экспортымен айналысатын әлеуетті шаруа қожалықтары шетелдермен келісімшартқа отырып, алғашқы өнімін шығара бастапты. Демек, жоспардың орындалуына сенім мол. Қазір мал жайлаудан толық түсіп үлгермегендіктен кейбір аудан ет өнімін экспорттау жоспарын қыркүйек, қазан айларына жоспарлаған. Өңір басшыларының есебін тыңдап, нақты жағдаймен танысқан облыс әкімінің орынбасары жоспардың толық орындалатынына сенім білдірді әрі аудан басшыларына жұмысты күн сайын қадағалап, шаруа қожалықтарымен тығыз жұмыс істеу керектігін тапсырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да жұмыс жоспарға сай жүріп жатыр. Бүгінде көптеген аудан өз қарамағындағы егістік алқаптарының электронды картасын толығымен Минагро.kz веб-порталына енгізіп үлгерген. Бұл бағыттағы жұмысты өз деңгейінде атқара алмаған аудандардың да себебі бар. Жиын барысында аудан басшылары себептерін алға тартып, жоспардың уақытынан кешігіп жатқанын жеткізді. Серікжан Ісламұлы аудандарға тапсырманы қыркүйектің 10-жұлдызына дейін толық орындауды тапсырды.

Жыл сайын жетісулықтар өздері өндірген экологиялық таза, жергілікті өнімдерін Астана тұрғындарына ұсынуды дәстүрге айналдырған. Биыл 15-16 қыркүйек күндері Астана қаласында облыстың ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді. Айтулы шараға дайындық жұмысы басталып кетті. Бұған аудандар да сақадай сай. Серікжан Ісламұлы өңір басшыларынан дайындық барысын егжей-тегжейлі сұрады. Осыған байланысты жеткізілетін өнім түрі мен көлемі, тасымал жағдайы, қауіпсіздік шаралары пысықталды.

■ ТАРИХ-ТАНЫМ

Тәуелсіздігіміздің арқасында қол жеткізген дүниеміз көп. Барымызды бағалап, жоғымызды түгендеп келеміз. Өз тұсында жеріне сая, еліне пана болған бабаларымыздың аттары аталып, лайықты дәріптеліп, орнымен құрметтелуде. Мұның бәрі өткенді ұмытпау, шыққан тегін білу, тарихқа тағзым жасау болып есептеледі.

ЖАРТЫ АМАН БОЛСА, ЖАЛПЫ АМАН

немесе ұрпағы бабаларын ұлықтады

Жарқын жаздың қоңыр күзге ұласар шағында, дәл ҚР Конституция күні мерекесі тойланып тұрған сәтте қасиетті Қарадала төсінде Албаннан тарайтын Сүйеркұлдың бір баласы Жарты бабаға арналған мемориалдық ескерткіш кешеннің салтанатты ашылуы ел есінде ұмытылмастай болып қалды. Арайлы күн шуағын мөлдірете төгіп тұрған ғажайып шақта баба ескерткішінің айналасы жер қайысқан жұртқа толды. Қаз-қатар тігілген қазақ үйлер жеріміздің кеңдігін, пейіліміздің даладай дарқандығын паш етіп тұрды.

Бұдан былай көрген ел бір бұрылмай кетпейтін, көрсең көзің тоярлық, көңілің риза боларлық Жарты бабаның мемориалдық ескерткіш кешенінің лентасын қазақтың біртуар перзенттері, алты Алаштың ардақтылары – Асанәлі Әшімов, Нұрғали Нүсіпжанов, Нұрлан Оразалин бастаған мәртебелі қонақтар қиып, сәтімен шашу шашылды. Көп назарын өзіне аударткан игі шара Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иесі, ақын, драматург Иран жеткізді. Сөз орайында Жарты бабаның ғибратты ғұмырынан қалың елі, өсіп келе жатқан жастары ұлағат алып, құрмет көрсетіп жүрер дәл осындай мемориалдық ескерткіш орнатуға бірлесе күш салған Ызғарбек Бектұрсынов сынды бауырларына, ұрпақтарына дән ризашылығын білдірді. Өз тарапынан ескерткішке үлес қосқан азаматтарды Алғыс хатпен марапаттады. Бұдан соң «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Серік Нұрқадіров жұртшылық алдында «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаевтің ыстық ықыласты құттықтауын жеткізіп, игі тілегін білдірді. Одан соң Жарты баба ұрпағы, облыстық мәслихаттың депутаты, Алматы облысының және бірнеше ауданның Құрметті азаматы Ызғарбек Бектұрсынов бабасы жайлы кеңінен ой толғады.



Қанат БІРЖАНСАЛ,
"Жетісу"

Ғайып сценарийін жазған «Жарты Баба» атты театрландырылған қойылымға ұласты. Осынау әсерлі, тұшымды дүниені сахнаға әзірлеп қойған режиссері, бабаның асыл текті бір ұрпағы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері, театр және кино актері Мұрат Ахманов екенін айта кеткен жөн.

Осындай тағылымды шарада Ұйғыр ауданының әкімі Шухрат Нурахунов сөз алып, облыс әкімі Амандық Баталовтың құттықтауын



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иесі, ақын, драматург Нұрлан Оразалин де тебірене сөйледі.

– Дәл бүгінгі сәт жадымызда жаңғырып тұрары хақ. Дәл бүгін тарихымызға тағзым жасап отырмыз. Бұл Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының нәрлі жемісі деп бағалаймын. Сол арқылы рухымыз жаңғыруда. Мүмкіндігіміз кеңейіп, жанымыз жадырай түсуде. «Туған жерге туыңды тік!» демекші, бұл салтанатты шара елдігіміздің үлкен тойына, қуанышына айналды. Мен осы топырақтың бір перзенті ретінде мемориалдық ескерткішті орнатқан жандарға алғысымды айтамын. Барлықтарыңызды баба аруағы қолдасын! Елдігімізді сақтайық! Сонда ғана қазақ елі бүтін болады, – деді ол.

Жарты бабаға арналған мемориалдық ескерткіштің ашылу салтанатына ат арылтып арнайы келген қадірменді қонақтар КСРО және ҚР Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов, ҚР Халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иесі, әнші Нұрғали Нүсіпжанов қалың елге жүрекжарды лебізін білдіріп, мемориалдық ескерткішке құтты болсын айтса, ҚР ҰҚК-нің ардагері, генерал-полковник Әділ Шаяхметов игі тілегін жеткізіп, өз тарапынан бір топ азаматты марапаттады. Ұйғыр аудандық мәслихатының хатшысы Нұрәкім Есжан да ойын ортаға салып, ізгі ниетін білдірді. Осы күні Жарты бабаға мемориалдық кешен орнату жөніндегі ұйымдастыру комиссиясының төрағасы Ызғарбек Бектұрсыновқа ат мінгізіліп, ықыласына шапан жабылды. Мемориалдық кешеннің авторы, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері, суретші-мүсінші Елдос Бексұлтанның атына айтылған ел-жұрттың алғысы бөлек те ерек болды. Тағылымы, әсері мол шара Жарты бабадан тараған өнер жұлдыздары қатысқан «Ұлы Дала ұрпақтары» атты мерекелік концерттік бағдарламаға ұласты.

Түс ауа қасиетті Қарадала төсін тұлпарлардың тұяғы дүбірлетіп, ат бәйгесі болып өтті.

Ұйғыр ауданы

■ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



ШЕТ ҚАЛМАУҒА ШАҚЫРДЫ

Талғар өңіріне арнайы ат басын бұрған ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясының оқытушысы Руслан Иржанов пен ҚР Ұлттық банкі Алматы облыстық филиалының бөлім басшысы Бағлан Диханчиновтің, облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Жаныс Сапарғалиевтың қатысуымен аудандық кітапханада жиын өтті. Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен өткен алқалы жиынға аудан әкімдігінің қызметкерлері, депутаттар, ардагерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен үкіметтік емес ұйым өкілдері және жастар қатысты.

Үлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

Келелі басқосудың мазмұнды да мәнді өтуіне «Алакөл-Қамқор» қоғамдық бірлестігі мұрындық болды.

– Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының басым бағыттарын және «Мәңгілік Ел» идеясын ілгерілетуге, мемлекеттің зайырлы құрылымын күшейтуге, қоғамдық саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етуге және ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған ақпараттық түсіндіру іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында табиғаты көркем, ырыс-ынтымағы артқан Талғар ауданына арнайы келіп отырмыз, – деп сөз бастаған ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясының оқытушысы Руслан Самарханұлы аудан жұртшылығын ҚР Конституциясы күнімен құттықтап, ел мерейінің арта беруіне тілектестігін білдірді.

– Елбасының сарабдал саясатының арқасында Қазақстанымыз көркейіп, кемелденіп келеді. 30 тамыз – Конституция күнін атап өтеміз. Ата Заңымыздың аясында көпұлтты халқымыз бақытты, бақуатты өмір сүруде. Елбасы Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауындағы 10 маңызды міндет, «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуі және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы ұлттық дамудың жаңа жобалары халықтың рухани кемелденуіне және жарқын болашаққа деген қадамын нығайта түседі. Саяси-әлеуметтік маңызға ие бұл тарихи құжаттардың мән-маңызына тереңдей түсу үшін мұқият оқып қана қоймай, ел ішінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру абзал. Бұл орайда, ата салтымызға сай алдыңғы буын ағалардың ақылына жүгініп, жеткіншек жастарды адамгершілікке, кісілік пен кішілікке, ибалы да инабатты болуға баулуға баса назар аударуымыз керек, – деді ол.

Келесі сөз кезегін алған ҚР Ұлттық банкі Алматы облыстық филиалының бөлім басшысы Бағлан Диханчинов:

– Елбасының Бес әлеуметтік бастамасында атап көрсетілген «7-20-25» бағдарламасы халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуді басты мақсат етеді, – деп аталған бағдарламаның жүзеге асу механизмін жан-жақты түсіндірді. Оның тиімділігімен қатар банктермен жасалған келісімшарт негіздері жайлы хабардар етті. Аудан жұртшылығын баспанамен қамтамасыз ету мақсатында Талғар қаласында бой көтеріп жатқан үйлердің құрылыс жұмысы туралы баяндап, жергілікті халықты игілікті істен шет қалмауға шақырды.

Маңызды мәселелер қаралған жиында «Көмек» қоғамдық қорының жетекшісі Салтанат Сайранова, аудандық «Талғар» газетінің тілшісі Райхан Болатханқызы сөз алып, баспана кезегінде тұрған азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуді көздейтін «7-20-25» бағдарламасының негізгі шарттарына қатысты ойларын ортаға салды.

Елбасы тапсырмаларын жүзеге асыруда жұдырықтай жұмылу қажеттігін тілге тиек еткен облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Жаныс Сапарғалиев өңірде 60-қа тарта көшпелі отырыс ұйымдастырылғанын айтты. Оның барлығы да Елбасының бес бастамасы мен бағдарламалық мақаласын жан-жақты түсіндіруді мақсат етеді.

Талғар ауданы

● *Ой-өрім*

Ұлтарақтай
болса да,
Атақоныс
жер қымбат.
Ат төбеліндей
болса да,
Туып-өскен
ел қымбат.

■ НҰРЛЫ ЖЕР

Жалгерлік үй құрылысы қарқынды

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ БАСПАНАЛЫ БОЛУДЫ АРМАНДАЙТЫНДАР КӨП. ӘСІРЕСЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА САЛЫНЫП ЖАТҚАН КӨП ҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДЕН ПӘТЕР АЛЫП, ҚОНЫСТОЙЫН ТОЙЛАУДЫ АҢСАЙТЫНДАРДЫҢ ҚАТАРЫ ҰЛҒАЮДА.

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Үштөбе қаласында 60 пәтерлі жалгерлік тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. «Нұр-Шапағат-Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мердігер компаниясы бұл үйлердің құрылысы қазан айына дейін аяқталып, пайдалануға беріледі деп жоспарлап отыр. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын құрылыстың жалпы құны 409 миллион 332 мың теңгені, пәтерлердің ортақ ауданы 3171 шаршы метрді құрайды. Аталған бағдарлама Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған және «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламаларының тетіктерін біріктіреді.

– Қазіргі таңда құрылыс алаңында жетпіске жуық адам еңбек етеді. Солардың басым бөлігі үштөбеліктер. Жұмыс жоспар бойынша жүріп жатыр. Құрылыс материалдарын жеткізу бойынша ешқандай кедергі жоқ. Құрылыс алаңындағы барлық техника сақадай сай жұмыс істеп тұр. Нысанды белгіленген мерзімде аяқтауға бар күш-жігерімізді салып жатырмыз, – дейді учаске басшысы Бекзат Каримов.

– Бүгінде 60 пәтерлі жалгерлік үйдің қабырғалары қаланып, төбесі жабылды. Қазір іші-сыртын сылау жұмыстары жүріп жатыр. Көпқабатты тұрғын үйдің есік-терезелерін орнатып, еден төсеу жұмыстары да өз ретімен жалғасатын болады, – дейді аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Дәулеткелді Ұзақбай. Сондай-ақ, ол құрылыс нысаны жұмыстарының жетпіс пайызға аяқталғанын айтты.

Асхат ӨМІРБАЕВ

Қаратал ауданы



■ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«СЫБАҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ фермердің бәсекелестік қабілетін арттырады

Ауылшаруашылығының өнімділігін молайту – бүгінгі күні еліміздің аграрлық әлеуетін ескере отырып, өнеркәсіптің экономикалық тиімділігін арттырудың маңызды міндеттерінің бірі. 110 миллион гектар алқапта жерасты және жерүсті сулары бар және 6 миллион гектар жері құдықтармен қамтамасыз етілген Қазақстан әлемде бесінші орынға ие. Осындай бәсекеге қабілетті артықшылықтарын және ел тұрғындарының 45 пайызы ауылда тұратындығын назарға ала отырып, жеңілдетілген несие беру бағдарламалары мен субсидиялау тетіктерін ынталандыру арқылы еліміздің аграрлық секторының экономикалық тиімділігін арттыру қажет.

Мал шаруашылығын дамытудың 2018–2027 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы өнеркәсіптің дамуына айтарлықтай серпін беріп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және елдің экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған. Малшы фермерлердің кластерін қалыптастыруға бағытталған бағдарлама өнімді сатудың кепілдендірілген желісін қамтамасыз ететін ірі индустриалды ойыншылардың (өнеркәсіптік өндірушілердің) айналасындағы ынтымақтастықты ынталандырады. Бұл үшін отандық фермалар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың санын көбейту қажет, бұл еңбек өнімділігінің өсуіне ықпал етеді.

Өнеркәсіптік саланың айтарлықтай экономикалық тиімділігіне қол жеткізу үшін бүгінгі күнге дейін іріктеу жұмыстарын жүргізу, фермердің білімін арттыру арқылы мал шаруашылығының өнімділігін, оның ішінде асыл таза тұқымды малды импорттау арқылы арттыру қажет,

Мал шаруашылығы секторын ынталандыру мақсатындағы іс-шараларды іс жүзінде жүзеге асыру мақсатында фермерді сапалы даму үшін қажетті несиелік ресурстармен қамтамасыз етудің «Сыбаға» жеңілдікті несиелік бағдарламасын қамту үшін ауқымды жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі таңда «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі АҚ-ның еншілес компаниясы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ны несиелік бағдарламаны жүзеге асыратын операторлардың бірі болып табылады.

Борыштық жүктемені барынша азайту мақсатында ІҚМ және ҰҚМ басының өнімділігін арттыруға бағытталған «Сыбаға» несиелендіру бағдарламасы 15 жылға дейін ұзақ мерзімге несие береді және бұл 70 млн. теңгеге дейін несиелеу сомасын беруді және негізгі қарызға 2,5 жылға дейін демалыс беру мүмкіндігін, жыл сайынғы 4% субсидияларды және негізгі қарызды жылына бір рет, тоқсан сайын немесе жарты жылдықта фермердің мүмкіндіктеріне байланысты қайтару жиілігін ескере отырып, жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша несие беруді ұсынады.

Сонымен қатар, жетіспейтін қамтамасыз ету ретінде сатып алынған малды қабылдап алу мүмкіндігі болады. Бұл бағдарламаға қатысу – мал шаруашылығын жүргізу үшін қажетті инфрақұрылымы бар малшы-фермерге арналған малдың өнімділігін арттырудың бірегей мүмкіндігі.

Қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында «Сыбаға» несиелік бағдарламасы несиелік серіктестіктердің кең желісі арқылы жүзеге асырылады. Олар өздерінің қатысушы фермерлерін несиелейтін, өзінөзі реттейтін қаржы ұйымдарында ұйымдастырылған фермерлік кооперативтер болып табылады. Несиелік серіктестіктер «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның негізгі серіктестері және әртүрлі несиелеу бағдарламалары, соның ішінде «Сыбаға» бағдарламасы бойынша қатысушы фермерлерді қолжетімді несие өнімдерімен қамтамасыз ететін бірден-бір жүйе.

«Сыбаға» несиелендіру бағдарламасы Алматы облысының барлық аудандарында ұсынылған 30 несиелік серіктестігі арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі күні ірі қара мал сатып алу үшін алғашқы несие «Талғар» ШҚ-ның қатысушысы болып табылатын «Усенбай» шаруа қожалығына берілді.

– «Талғар» несиелік серіктестігі 2003 жылдан бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-мен ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді. Бұл өз қатысушы-фермерлерін қажетті несиелік ресурстармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ұйым. Несиелік серіктестіктер жүйесінің бірегейлігі фермерге кеңес беруден кредиттік серіктестікте тікелей несие алу үшін қызмет ететіндігінде.

Несиелік серіктестіктің құрамына кіргеннен кейін қатысушы-фермер сатып алынатын мал немесе ауылшаруашылық техникасын қосымша кепіл заттық қамтамасыз ету ретінде алу және қажетті ауылшаруашылық техникасын сатып алу мүмкіндігіне ІҚМ және ҰҚМ басының өнімділігін арттыруға бағытталған бірқатар несиелендіру бағдарламалары арқылы, оның ішінде «Сыбаға» бірегей бағдарламасының қолдау мүмкіндігіне ие болады», – деп хабарлайды «Талғар» несиелік серіктестігі басқармасының төрағасы Урузгалиев Николай Алексеевич.

Бүгінгі күні несиелік серіктестікке 550 бас импортталған ірі қара мал сатып алу үшін 275 млн. теңгеге өтінімдер түсті.

«Сыбаға» несиелеу бағдарламасына қатысу – малшы фермерлердің бәсекелестік артықшылықтарын арттырудың нақты мүмкіндігі.

Қ. ОМАРАҚЫН

■ ИНВЕСТИЦИЯ

ИГІЛІГІ МОЛ ІРІ ЖОБА



Қапшағай қаласына жұмыс сапарымен келген облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ «Қапшағай – Талдықорған» автомобиль жолының Бақанасқа қарай бұрылатын 6-шақырымында салынып жатқан «UNIVERSAL ENERGY CO» ЖШС-нің күн электрстансысының жұмысымен танысты.

Мақпал МЫСА,
"Жетісу"

Аумағы 400 гектар жерді алып жатқан күн электрстансысының жылдық қуаты келесі жылдың бірінші тоқсанына дейін 100 МВт-қа жетпек. Одан әрі тағы да 50 МВт қосылып, облыс аумағын кең көлемде электр энергиясымен қамтитын болады.

Бұл өндірістің негізгі құрылтайшылары Қытайдың Шанхай қаласында орналасқан электр құрылғыларын шығаратын «CHINT Group» компаниясы. Компанияның серіктестіктері Ресей, АҚШ, Канада, Австралия, Гонконг, Сингапур сияқты әлемнің дамыған 11 елінде ашылған. Ал Қазақстанда ашылатын жоба ТМД елдерінде бірінші әрі осы саладағы ең ірі инвестициялық нысан болмақ.

Өткен жылдың сәуір айында жобалық сметасы жасалған өндіріс орнының құрылысы бүгінде қызу жүріп жатыр. Алдағы желтоқсан айында толығымен аяқталмақ. Бүгінде құрылыс аймағында «Назар», «Аманат» сияқты ірі серіктестіктер жұмыс істеуде.

Құрылыс жұмыстарымен танысқаннан кейін облыс әкімі қалалық жағажайға ат басын бұрды. Жағалау ашылғалы бергі кезеңде аймақ басшысы мұнда бірінші рет келіп отыр. Жағажайда жазғы шомылу науқанында келушілерге қызмет көрсететін 22 түрлі нысан, сауда нүктелері мен дәмханалар орналасқан. Биыл Қапшағай жағажайында демалушылар саны 220 мыңнан асты. Алдағы уақытта мұндай нысандардың қатары толықтырылып, отандық туризмді өркендетуге жүйелі жұмыс істейтін болады.

Жағажайдың туризмді дамытудағы мүмкіндігін саралаған өңір басшысы Қапшағай қаласының басшылығына бірқатар маңызды тапсырмалар жүктеді.

Қапшағай қаласы

■ СЕМИНАР

БАҚБАҚТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ «СЕРІК» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ЕГІСТІК АУМАҒЫНДА ӨМІРБЕК ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТОПЫРАҚТАНУ ЖӘНЕ АГРОХИМИЯ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ, АЛМАТЫ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫНДА «КҮРІШТІ АҚДАЛА СУАРМАЛЫ АЛҚАБЫНЫҢ ТОПЫРАҒЫ ТҰЗДАНҒАН ЖАҒДАЙДА ТАМШЫЛАТЫП СУАРУДЫ ӨНДІРІСТІК СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ» АТТЫ СЕМИНАР ӨТТІ.

Озық технологиямен таныстыр

Шараға аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Дәрібаев, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Бақытбек Рахымбаев, Орталық Азия экология және қоршаған орта ғылыми-зерттеу орталығының өкілдері, облыстық және аудандық ауылшаруашылығы басқармасының мамандары, фермерлер, ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілер, еліміздегі жетекші профильдік ғылыми зерттеу мекемелерінің өкілдері шақырылды.

Суармалы алқаптарды сумен қамтамасыз ету мәселелері және су ресурстарын тиімді пайдалану елімізде қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан қытайдың күрішті тамшылатып суару озық технологиясын Қазақстанның суармалы алқаптарындағы тұзданған топыраққа бейімдеу үшін далалық ғылыми жұмыстар үш жыл көлемінде жүргізіліп келеді. Нәтижесінде ғалымдар 1 гектар жердегі күрішті өндіруге кететін судың көлемін 2,5 есеге азайтуға болатынын дәлелдеді.

Бұл биылғы жылы жоғарыда аталған шаруашылықтың 2 гектарына жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі. Алдағы уақытта зерттеу институты егістік алқаптың көлемін ұлғайтуды жоспарлауда. Шараға қатысушылар зерттеу жұмыстарын нәтижелі жүргізген институт ғалымдарына сұрақтарын қойып, тәжірибе алмасты. Күріш дақылын тамшылатып суарудың пайдалы тұстарына қызығушылық танытқан дикандар жоғары өнім алудың жолын да қарастыру жөн деген тұжырымға келді.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ

Балқаш ауданы





ҰШҚЫШ ӘЙЕЛДЕР



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВИАЦИЯЛЫҚ ҰШҚЫШТАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІНЕ СӘЙКЕС, ҮНДІСТАН ҰШҚЫШ ӘЙЕЛДЕР САНЫ БОЙЫНША ӘЛЕМДЕ БІРІНШІ МЕМЛЕКЕТ БОЛЫП ТАНЫЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ «THE TELEGRAPH» АГЕНТТІГІ АРНАЙЫ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАДЫ.

Агенттіктің хабарлауынша, дүниежүзі бойынша ұшқыштардың шамамен небәрі 5 пайызын әйелдер қауымы құрайды. Аталған көрсеткішті елдерге бөліп қарастырғанда, Үндістанда ұшқыш әйелдер саны 13 пайызға жуықтаған. Бұл Батыс Еуропаның бірқатар елінен екі-үш есеге жоғары. Мәселен, Ұлыбританияда авиация саласындағы нәзік жандар саны 4 пайыздан аспайды. Ал АҚШ-та – 4,36 пайыз. Айта кетейік, Үндістан – авиациялық нарығы жылдам дамып келе жатқан мемлекет. Елде үнемі ұшқыштардың жетіспеушілігі байқалып тұрады. Қазақстандағы ұшқыш әйелдер туралы әлі толыққанды мәлімет жоқ.

ДИЗЕЛЬДІ МАШИНА КІРГІЗІЛМЕЙДІ



МАЙН ӨЗЕНІ ЖАҒАСЫНДА ӨРКЕН ЖАЙҒАН ӘЙГІЛІ ФРАНКФУРТ ҚАЛАСЫНДА КЕЛЕСІ ЖЫЛДЫҢ АҚПАН АЙЫНАН БАСТАП ДИЗЕЛЬДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШПЕН ЖҮРЕТІН АВТОКӨЛІКТЕРГЕ ТҮБЕГЕЙЛІ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. МҰНДАЙ ШЕШІМДІ ВИСБАДЕН ӘКІМШІЛІК СОТЫ ҚАБЫЛДАДЫ.

«Қазақпарат» агенттігінің мәліметінше, келер жылы ауаның азот диоксидімен ластануын реттеу үшін «Еуро–4» экологиялық стандартына сәйкес емес немесе одан да төмен дизельді көліктер қалаға кіргізілмейді. «Ал 2019 жылғы 1 қыркүйектен «Еуро–5» санатындағы дизельдік көлік құралдарын жүргізуге тыйым салынады», – делінген сот шешімінде. Айта кету керек, Еуропа елдерінде дизельдік қозғалтқышпен жүретін жеңіл көліктер кең таралған. Жалпы, Еуропаның 40 пайыздан астам көліктері дизель пайдаланады. Қазіргі таңда экологиялық талаптарға мейлінше сай келетін «Еуро–6» стандарты 2014 жылдың соңынан бері қолданылып келеді. Бүгінде Германияда ауаның бір текше метрінде ең жоғары дегенде 40 микрограмм қышқылды азоттан келеді. Германия болашақта Франкфуртта ғана емес, бүкіл мемлекетте дизельді көліктерді жүргізбеуі мүмкін.

750 МИЛЛИОН АДАМ САУАТСЫЗ



ЮНЕСКО БЕРГЕН МӘЛІМЕТТЕРГЕ ҚАРАҒАНДА, ӘЛЕМДЕ 750 МИЛЛИОН АДАМ НЕ ОҚУДЫ, НЕ ЖАЗУДЫ БІЛМЕЙДІ. СОНЫҢ ҮШТЕН ЕКІСІ – ӘЙЕЛДЕР. САУАТ АШПАҒАН АДАМДАРДЫҢ 45 ПАЙЫЗЫ ОҢТҮСТІК АЗИЯДА ӨМІР СҮРЕДІ.

Сондай-ақ, сауатсыздары көп аймақтардың қатарында Сахара шөлінің оңтүстігі, Солтүстік Африка және Батыс Азия, Латын Америкасы мен Кариб маңы аталады. ЮНЕСКО Статистика институтының мәліметінше, соңғы кездері сауаттылық деңгейінің ең жоғары өсімі Шығыс және Оңтүстік Азия, Солтүстік және Батыс Африка елдерінде байқалған. Атап айтқанда, Оңтүстік Азия тұрғындарының сауаттылық деңгейі 1990-2016 жылдар аралығында көтерілген. Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда бұл көрсеткіш тіптен жоғары: 96 пайызға жетіп отыр. Африканың кейбір өңірлерінде сауатсыздық 65 пайызға дейін өскен. Сонымен қатар, сарапшылар ерлерге қарағанда әйелдер арасында сауатсыздық деңгейінің жоғары екендігін атап көрсетеді. Соңғы деректер бойынша сауатсыздардың 59 пайызы – әйелдер.

ТЕЛЕФОНҒА ШЕКТЕУ ҚОЙДЫ



СӘРСЕНБІ КҮНІ МОҢҒОЛИЯНЫҢ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІ МЕН БАСҚА ДА ОҚУ ОРЫНДАРЫ АУМАҒЫНДА СМАРТФОНДАР ҚОЛДАНУҒА ШЕКТЕУ ҚОЮ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.

Үкіметтің бұл қаулысы осы жылдың қазан айынан күшіне енеді. Бұл жайлы «Қазақпарат» агенттігі шетелдік ақпарат құралдарына сілтеме жасай отырып хабарлады. Атап өтілгендей, қазіргі таңда Моңғолияда 8-17 жас аралығындағы балалардың 71,8 пайызы ұялы телефонды белсенді қолданады. Оның тең жартысынан көбіне ғаламтор желісі қосылған. Ғалымдар мен дәрігерлер 12 жасқа толмаған балаларға смартфон беруге болмайтынын қайта-қайта ескертуде. Себебі, жоғары дәлдіктегі электромагниттік сәулелер балалардың денсаулығына орасан зиянын тигізеді. Ал Қазақстан мектептерінде телефон қолдануға қатысты мемлекет тарапынан ешқандай шектеу қойылған жоқ. Тек мемлекеттік қызметкерлерге ғана жұмыс уақытында көп мүмкіндігі бар смартфондарды қолдануға тыйым салынғаны белгілі.

КӨЛІКСІЗ КҮН



ӨЗБЕКСТАНДЫҚТАР АЙЫНА БІР КҮН ЖАЯУ ЖҮРУДІ МЕМЛЕКЕТ ДЕҢГЕЙІНДЕ ҚОЛҒА АЛДЫ. ЯҒНИ, ӘР АЙДЫҢ ҮШІНШІ ЖҰМАСЫН «КӨЛІКСІЗ КҮН» ДЕП ЖАРИЯЛАМАҚ. ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЛ БАСТАМАСЫН ӨЗБЕКСТАН ҮКІМЕТІ ҚОЛДАП ОТЫР. БҰЛ ТУРАЛЫ «24 ХАБАР» АРНАСЫ АРНАЙЫ ТҮСІРІЛІМ ЖАСАДЫ.

Өзбекстан депутаттары да көліктерін қойып, көпшілікпен бірге бір күн қоғамдық көлікпен қатынауға дайын. Бастама жұрттан қолдау тапса, бұл күнге арнайы мәртебе де беріледі. Экономикасы екпін алып келе жатқан көрші елде жыл санап көлік саны да еселеп артуда. Бір ғана Ташкенттің өзінде миллионға жуық темір тұлпар бар. Оған қалаға келіп-кететін көлікті тағы қосыңыз. Басқа елдер сияқты өзбекстандықтар да кейде көліктерін қоятын жер таппай қиналып жатады. Қырық жылдан астам «темір тұлпар» тізгінінде жүрген Ғани Абдуллаев есімді ташкенттік тұрғын: «Қазір көлік нөпірі бірнеше есе артып кетті. Мен 63 жастамын. Үкіметтің «Көліксіз күн» деген бастамасы, менің ойымша, өте дер кезінде көтерілген деп білемін. Біріншіден, әсем қаламыздың экологиясы жақсарады. Екіншіден, жаяу жүру денсаулыққа пайдалы», – дейді.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Илахунова Ризвангуль Сеитмаметовна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Иматаева Ынтымак Ауескановна	– үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Ирданова Зулхумар Камилжановна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Кадирова Айгуль Азаматовна	– үй шаруасында, Талғар ауданы
Калетова Айгуль Смагуловна	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Калиева Динара Сейтказыновна	– бөбекжай-балабақша тәрбиешісі, Кербұлақ ауданы
Камбылова Айман Женисбековна	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Камилова Айгул Алтынбековна	– үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Карпова Маргарита Игоревна	– үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Касенова Назгуль Есеевна	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Кенкараева Жанар Куанышовна	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Керімбек Сағинұр	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Коштибаева Гулира Ерболатовна	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Қызырбек Нұргул	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Латыпаева Ранагуль Исамутдиновна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Макашева Айгуль Сабырқановна	– үй шаруасында, Алакөл ауданы
Мамекова Кырмызы Аманбаевна	– үй шаруасында, Іле ауданы
Мамреева Асель Жумабековна	– үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Мансурова Айгуль Азизовна	– үй шаруасында, Балқаш ауданы
Масабаева Зарина Амирбаевна	– үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Маукеева Гулсим Орынгазиевна	– үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Медеуова Раушан Несипхановна	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Молдабаева Жадыра Алпысбековна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Молшабек Кадіржан	– үй шаруасында, Ескелді ауданы
Муминова Манат Жанабергеновна	– үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Мусалимова Халима Нормановна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Мусатаева Эльмира Сапаргалиевна	– үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Мұсақызы Зібиіла	– үй шаруасында, Ескелді ауданы
Мұшен Тұрахан	– үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Назархан Балия	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Нукеева Алтынай Турсынхановна	– үй шаруасында, Алакөл ауданы
Нурбекова Асель Ербаевна	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Нұрғанипа	– үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Оразкожаева Самал Баймухамбетовна	– үй шаруасында, Алакөл ауданы
Оралжан Бекзатқан	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Орынбаева Молдир Орынтаевна	– үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Осинцева Наталья Юрьевна	– үй шаруасында, Қаратал ауданы
Полат Турдыгул	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Разиева Рахилям Махамметовна	– үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Рахмбай Кумысқан	– үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Рахымбекова Жанылган Карденовна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Рысбаева Бакиткул Ертаевна	– орта мектеп мұғалімі, Қарасай ауданы
Сабеткан Кулбакыт	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Садыкова Гулжанат Советхановна	– үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Сайдахметова Айжан Амангельдиевна	– үй шаруасында, Сарқан ауданы
Сайденова Алия Абдиевна	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Салкеева Майра Аманжоловна	– үй шаруасында, Ескелді ауданы
Сапарова Хуршидям Инпахуновна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Саурамбаева Сагдат Мухаметжановна	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Сейтқазы Нұртай	– үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Секилбаева Назыгуль Бейсенбаевна	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Серик Гульнар	– үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Тазабекова Жангул Бидахметовна	– орта мектеп мұғалімі, Ақсу ауданы
Таласова Базар Жанабергеновна	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Ташкенбаева Назгул Жумановна	– үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Темірғали Сарқытгүл	– үй шаруасында, Райымбек ауданы
Толкынбаева Жазира Зейнелхановна	– үй шаруасында, Балқаш ауданы
Толыбаева Асемгуль Ибраевна	– үй шаруасында, Алакөл ауданы
Төкенқызы Гүлзан	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Тузикенова Махпал Муканбетяровна	– үй шаруасында, Іле ауданы
Тулявова Алия Аралбековна	– үй шаруасында, Іле ауданы
Туменова Айнур Болатовна	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Турарова Булбул Сапиолдаевна	– үй шаруасында, Іле ауданы
Турсынова Оразгул Кемаловна	– үй шаруасында, Қарасай ауданы
Хакимова Динара Тугамбековна	– үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Хамраева Анафия Саттаровна	– үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Ходжаева Жанар Ермухамбетовна	– үй шаруасында, Ақсу ауданы
Хоха Бигуль	– үй шаруасында, Көксу ауданы
Чимчикбаева Асемхан Сламжановна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Чингужанова Динара Бексултановна	– мектеп-интернат мұғалімі, Сарқан ауданы
Шапиық Сәлиман	– үй шаруасында, Көксу ауданы.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2018 жылғы 7 тамыз
№ 728

■ ОТБАСЫ

САЛТ-ДӘСТҮРДІ жандандырды

Отбасы – ұлттық дәстүр, өнеге, мұра мен салт-сананың алтын ұясы. Отбасы күнінде облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, облыстық жастар ресурстық орталығы «Мәңгілік ел – мәңгілік отбасы» атты облыстық жас отбасылар байқауын ұйымдастырды.

Гүлжан ТҰРСЫН,
"Жетісу"

Көксу өзенінің жағасында өткен отбасылық жарыс тартысты, мәнді, қызықтылығымен ерекшеленді. Байқауға облыстық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Райхан Серғазинова мен «Мәңгілік ел – мәңгілік отбасы – 2017» байқауының жеңімпазы Балтабек Қайырбекұлы әділқазылық етті. Жарысты ұйымдастырушылар атынан алғашқы сөзді об-



лыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Ерлан Жақыпов алды.

– Біздің бүгінгі шарамыз жастарды отбасылық құндылықтарды құрметтеуге шақыру, салауатты өмір салтын насихаттау, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын және бірлігі мен тірлігі, достығы ұйыған отбасыларын жан-жақты насихаттай отырып, жастарға елжандылық тәлім-тәрбие беру, сондай-ақ, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылды, – деді ол.

Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік анықталар жарыста кіл мықтылар сынға түсті. Алғашқы «Жүйрік болсаң, шауып көр» кезеңі спорттық ойын түрлерімен жалғасын тапты. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» кезеңінде жеке тапсырмалар берілді. Одан кейін әр отбасы өздерін өлең-жыр, қара сөзбен таныстырды. Көріністен отбасындағы шаттықты суреттеді. Ал «Өнерліге өріс кең» кезеңінде ата-ана мен сәбиі ән, би, пародия арқылы сынға түсті. Табиғат аясында өткен жарыста отағасылар мал өсіру, күтіп-баптау жайын ортаға салды. Келіншектер нан ашытып, бауырсақ пісірді. Жастар саясаты басқармасының байқауды ұтымды ұйымдастырғанына тәнті болдық.

Жарыстың аты жарыс. Әділқазылар мен көрермендердің ойы астасып, жарыс жеңімпазы, яғни бас жүлде Талдықорған қаласының қатысушыларына бұйырды. Ал бірінші орын Кербұлақ, екінші орын Райымбек, үшінші орын Ескелді ауданының жас отбасыларына тиді. Жарыс мәнді-мағыналылығымен ерекшеленді. Қатысушылар мен көрермендер ұлттық болмысты сақтаудың үлгісін көрсетті.

■ ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Қамсыз қалуға болмайды

ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ҚЫС ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІ БІРАЗ ӘБІГЕРГЕ САЛДЫ. ҚАЛЫҢ ҚАР БАСЫП, ЖОЛДАР ЖАБЫЛЫП, ТҮРЛІ ҚАУІП-ҚАТЕРІ МОЛ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ОРЫН АЛДЫ. АЛАЙДА, ТИІСТІ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДЕР КЕЗІНДЕ КӨМЕККЕ КЕЛУІМЕН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ МАЗАСЫН ҚАШЫРАТЫН АПАТТЫ ЖАҒДАЙ ОРЫН АЛҒАН ЖОҚ. СИНОПТИКТЕРДІҢ БОЛЖАУЫНША, БИЫЛҒЫ ҚЫС ТА ҚИЫН БОЛАЙЫН ДЕП ТҰР. ОСЫҒАН ОРАЙ, КҮНДЕЛІКТІ ЖАҒДАЙЫ САН ҚҰБЫЛАТЫН ЖОЛ САЛАСЫНА ЖАУАПТЫ МАМАНДАР ОБЛЫС ӘКІМДІГІНЕ ЖИНАЛЫП, ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АЙДАРБЕК БАЙЖАНОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСЫН ПЫСЫҚТАП АЛДЫ.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Жалпы, облыстағы 9 мың шақырымға жуық автокөлік жолының 6 мың шақырымнан астамы республикалық, қалғаны облыстық, аудандық маңызы бар жолдар санатында. Оның 250 шақырымы қауіпті жолдар қатарына жатады. Бұл топқа Алтынемел, Кеген, Арқарлы асулары мен қыстығүнгі қалыпсыз ауа райы мен қатты желдің әсерінен қар басып қалып, көлік қозғалысын қиындататын кейбір жол бөліктері жатады. Өткен жылғы қалың қар мен күшті желдің салдарынан бірнеше рет жол жабылу жағдайы тіркелгенімен, облыстық және аудандық төтенше жағдай қызметтерінің дер кезінде көмек көрсетуінің арқасында жағдай тез тұрақтанып отырды.

Биыл сондай апатты жағдайлардың алдын алуға 15 мекеме мен 40 шақты бөлімше жауапты болады. Жиында Айдарбек Естебекұлы олардың әрбірінің техникалық мүмкіндігі, мамандардың жағдайы мен жұмыс сапасын төптіштеп тексеріп шықты. Бәрінің де қысқа дайындығы мығым екен. Бүгінгі таңда облыста қыстығүнгі жол қозғалысын кепілдендіруге қажетті екі мың тоннадан астам инертті материалдар әзірленген. Автожолдарды күтіп-баптайтын және қауіпті жағдай бола қалғанда көмекке баратын 400-ден астам техниканың дайындығы да сақадай сай.

Әне-міне, дегенше, күз айының да алғашқы аптасын артқа қалдырдық. Енді қылышын сүйретіп қақаған қыс та жетіп келеді. Демек, етекті кеңге салып отыруға болмайды. Осы жағдайды тағы бір рет еске салған облыс әкімінің орынбасары қыстығүнгі жолы қауіпті аймақтардағы бөлімшелерге жұмысты ширатып, қауіпті жерлерге жолаушыларға жәрдем көрсететін жылыту бөлмелерін салудың қажеттілігін ескертті. Сонымен бірге, жол бойында төтенше жағдай бола қалғанда әр бөлімше «Бұл менің жауапты аумағыма жатпайды», – деп жайбарақат жатпай бір-біріне селбесіп, апатты жағдайды болдырмауға күш салу керектігін тапсырды.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№105 (18525)
Сенбі, 22 қыркүйек, 2018 жыл.

СЕЛЕКТОР

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ төрағалығымен инвесторларды тарту мәселелері жөнінде кеңес отырысы өтті. «Ұлттық инвестициялық стратегияны» іске асыру мәселесі қаралған жиынға орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, сонымен қатар, онлайн режимінде бірқатар өңір мен республикалық маңыздағы қала әкімдері қатысты.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Үкімет инвестиция мәселесіне айрықша көңіл бөлуде. Ел экономикасын өркендетудің күретамыры саналатын инвестиция тартудың тәсілін жетілдіріп отырған жөн. Жиында Инвестициялар және даму министрлігінің инвестиция саласын үштілді қызметке көшіру бағытының тиімділігі туралы айтылды. Сондай-ақ, инвесторларға мемлекеттік қолдау таныту, қолданыстағы шараларды жетілдіру мен оңтайландыруға қатысты жаңа талаптар сөз болды. Әрі инвесторлардың құқықтарын қорғауды жетілдіру, халықаралық сауда-саттық жағдайын жақсарту мен логистикалық инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі ұсыныстар қаралды.

Жиында облыстың инвестициялық ахуалы туралы да айтылды. Баяндамашылар облыстағы инвестициялық жағдайды тілге тиек етіп, инвесторларды мемлекет тарапынан қолдауға қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Бүгінде облысымызда 32 инвестициялық жоба атқарылуда. Миллиардтаған қаржы айналымға түсіп жатқан ірі жобалардың жүзеге асуына жергілікті билік тарапынан да қолдау көп. Әсіресе, республика бойынша баламасы жоқ 25 гектар жерді алып жатқан Қапшағай қаласындағы жылыжай кешенін дамытудың маңызы зор.

Селектор соңында Премьер-Министр кеңес қорытындысы бойынша облыс әкімдеріне инвестициялық жобалар аясында айтылған ұсыныстарды пысықтауды тапсырды. Оны бақылау ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Маминге жүктелді.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Қысқы отын жеткілікті

Облыстық әкімдікте облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжановтың төрағалығымен қысқы жылыту маусымына дайындық жағдайы қаралды. Шараға аудан әкімдері мен оның орынбасарлары, облысқа қарасты басқарма басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алдымен облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының есебі тыңдалды. Басқарма өкілдерінің айтуынша, дайындық жоспар бойынша кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Қатты және сұйық отынның мөлшері де жеткілікті. Десе де жоспарды әлі де толық орындай алмай отырған аудандар мен қалалар бар.

Қазіргі күнге дейін аудандар мен қалалар қысқы жылыту маусымына қажетті қатты және сұйық отынның 60 пайызын дайындап үлгеруі керек. Алайда, біразы бұл көрсеткішке жете алмай келеді. Әсіресе, теміржол қайшыласып жатқан Қаратал, Кербұлақ аудандары, Алматының іргесінде орналасқан Талғар ауданы, жыл сайын Ойқарағай көмірінің арқасында тапшылық көрмейтін Райымбек ауданы жоспарды орындай алмай келеді. Керісінше, облыс орталығынан шалғай жатқан Алакөл мен Сарқан ауданы, көмірді Талдықорғаннан тасымалдайтын Ақсу ауданы мен Алматыға шөп сатуға барған көлікпен ауылға көмір ала қайтатын Балқаш ауданы жоспарды асыра орындаған. Осы жағдайларды назарға алған Айдарбек Естебекұлы жоспарды орындамай отырған аудан басшыларына ескерту айтып, нақты тапсырма берді.

Жиналыста қазіргі күнде шарықтап кеткен көмір бағасы туралы да сөз болды. Бүгінде Талдықорғанда бір тонна көмірдің бағасы 13500 теңге болса, алыпсатарлар оны ауылға жеткізгені үшін бағасын көтеріп жіберген. Кейбір жерде көмірдің тоннасы 19 мың теңгеге дейін сатылып жатқан көрінеді. Бұл мәселені назарға алған Айдарбек Байжанов Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекеге қабілеттілікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің өкілдеріне бағаны тұрақтандыру жөнінде нақты міндет жүктеді.

Жиында облыс орталығының қыс маусымына дайындығы туралы есеп берген Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев жоспардың ойдағыдай орындалғанын айта келіп, қатты отынды жеткізуде туындаған қиындықтарды алға тартты. Оның айтуынша, көмір кендерінен көмір жеткізу ісінде күрделіліктер көп. Әдетте шығыстағы Қаражыра көмір кенінен 5-6 күнде Талдықорғанға жететін көмір теміржол стансыларындағы кедергілер салдарынан 12-13 күнге кешігіп келіп жатыр. Айдарбек Естебекұлы аудан, қала басшыларына «Қазақстан теміржолы» АҚ басшылығымен сөйлесіп, мәселені тездетіп реттеу керектігін тапсырды.

Қ. ОМАРАҚЫН

КӘСІБІ – НӘСІБІ

Бабамыздан мирас болып келген ата дәмді бұзбай, бүгінгі қолданыс аясын кеңейтіп, келешек ұрпақ ұмытпас үшін еңбек істеп жатқан жастар аз емес. Көксу ауданындағы Балпық би кентінде тұратын Талант Садырбекұлының тары-талқан жасаумен айналысатын шағын кәсібін осы қатарға жатқызуға болады.



«Ата дәм» – ұлттық өнім

Серік ҚАНТАЙ,
"Жетісу"

Талант 2015 жылы мемлекеттен қайтарымсыз миллион теңге грант алып, өзі жоспарлаған істі бастайды. Бастапқыда үйінің ауласында тары-талқан жасап, ашық аспан астында жұмыс істеп жүрді. Бүгінде үй қасынан бес бөлмелі жұмыс істейтін шағын үй тұрғызып, сонда өз ісін жүргізіп отыр. Рас, қазір тары-талқанмен айналысатындар және оны тұтынатындар бұрынғымен салыстырғанда өлдеқайда төмен. – *Бұл біздің ежелден келе жатқан тағамымыз. Сондықтан да ескілерді, естілерді бүгінгілер ұмытпасын деп өнімімізді «Ата дәм» деп атадық. Дизайнын Сапар есімді белгілі суретші ағамыз жасады,* – деп бастады сөз басын Талант.

Әр бөлмеде бір техника. Қызметтері де әртүрлі. Ол турасында кәсіп иесі: – *Қытайдан керекті техникалардың бәрін алдырттық. Бұл жерде өзі өңдейді, қаптап дайындап береді. Біздің міндет – осыларды ретімен ұқыпты басқару,* – дейді. Заман ағымы. 2017 жылы мемлекеттің «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасымен өз кәсібінің аясын кеңейтті. – *Бес түрлі өнім. Тарының тарысы, талқан, бидай, жүгері, арпа. Халықтың сұранысына қарай қораптап шығарып жатырмыз. Бір қораптың бағасы 300 теңге. Мұсабек ауылында өскенмін. Біздің ауылда бәрі айналысады. Аудан орталығындағы жексенбілік үлкен базарға да шығарамын,* – дейді сатушы.

Жұмыс істейтін жерін жөндеуден өткізді, керек-жарақтарды алды. Қыс түспей сыртқы сылақ жұмыстарын аяқтауды жоспарлап отыр. «Ата дәм» өнімін Балпық би ауылындағы «Шаған» сияқты кіші супермаркеттен алуға болады. Ендігі меже – ауыл-ауылды аралап, өз өнімін дүкен, шағын супермаркеттерге қою. Ал Талдықорған, Алматыдағы «Смалл», «Магнум» сияқты ірі супермаркеттермен келісім жүргізіп жатыр. Тары-талқанмен айналысу жолдан кезіге кеткен кәсібі емес. Таланттың алдында әкесі Садырбек пен анасы Айгүл де осы істі заманында дөңгеленткен. Ал құжат жүзінде, заң аясында бірінші болып жұмыс істеп отырған ұлдары – Талант. Жалпы Садырбек әулетінің атакәсібі. Олар 2004 жылы атақоныстары аңсап Алтай аймағы, Шіңгіл ауданы, Ағашоба ауылынан Көксудағы Мұсабек ауылына көшіп келген. Кәсіптің нәсібін көріп отырған ұлдары Таланттың ісіне беретін бағалары жоғары.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Алғыс айтамыз

«Жетісу» газетіне Ата Заңда көзделген құндылықтарды халыққа жеткізуге және конституциялық патриотизмді қалыптастыруға, әсіресе, жуырда атап өтілген мемлекеттік мерекені насихаттауға қосқан қомақты үлесі үшін алғыс айтамыз. Журналистер жауапкершілігі ерекше аңғарылып тұрды.

2018 жылғы 30 тамыздағы газетте Конституциялық Кеңес төрағасы Қ. Мәмидің Ата Заң күніне арналған «Тәуелсіздік баяны» атты мақаласы жарияланды.

Конституциялық Кеңес те өз тарапынан «Рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында Конституция мен оның жасампаз әлеуетін терең ұғынуға және кеңінен түсіндіруге бағытталған іс-шаралар қабылдауда. Мысалы, биыл жас буын арасында тақырыптық конкурстар өткізілді.

Жақында осындай конкурс бұқаралық ақпарат құралдары арасында жарияланды. Оның жеңімпаздары келесі жылы аталған мемлекеттік мереке қарсаңында марапатталатын болады.

Конкурс шарттары Конституциялық Кеңестің ресми сайтында орналастырылған. Ережесімен http://ksrk.gov.kz/kk/page/konkurs-turaly-erezhe сілтемесі арқылы оқып, танысуға болады.

Қоғамның конституциялық мәдениетін көтеру жолындағы маңызды шараға белсене қатысатындарыңызға сенеміз.

Бақыт НҰРМҰХАНОВ,
Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің аппарат басшысы

ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

ОҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған кезекті «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында жаңа заманға сай болу үшін біртұтас ұлт болуымыз, ол үшін, ең алдымен тіліміздің, дінімізді, салт-дәстүрімізді қалыптастыруымыз керектігі ашық айтылған.

Онда көрсетілген міндеттер Қазақстан Республикасын әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіруіне, тәуелсіздіктің тұрақты дамуына, еліміздің барлық саласына серпін беруге бағытталып отыр.

Қазақстанның жүйелі жаңғырудағы 10 басым бағытын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бірегей бағдарламалық бұл құжат жаңа әлемге бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін нақты айқындайды. Елбасы Жолдауындағы 10 басым бағыт бойынша еліміз жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы ресурстық әлеуетті одан әрі дамытуы тиіс. Одан бөлек, «Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамытуға, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыруға, құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізуге, қаржы секторын қайта жаңғыртуға мүмкіндік беріп, адами капитал – жаңғыру негізіне, тиімді мемлекеттік басқаруға, жемқорлыққа күрес және заң үстемдігіне баса назар аударылады. Соған орай «Ақылды қала» жобасы «ақылды ұлт» үшін қызмет етуі керек. Осы 10 міндеттің барлығы да цифрландыру бағыты бойынша дамитыны анық көрсетілген. Біздің экономикамыз үшін үлкен тәуекел болғанымен бұл бағыттар бойынша жүргізілетін жұмыстар төртінші индустриалды революцияның қазіргі жағдайында теңгерімсіздікті азайтуға көмектеседі.

Жолдауда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің жаңа моделін әзірлеуді тапсырған Президент өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың мәселесін қарастыруды да атап өтті. Президенттің айтуынша, адамдарды нәтижелі жұмысқа тарту үшін олардың жеке кәсібін бастауына немесе жаңа мамандық алып, жұмысқа орналасуына жағдай жасау керек. Осыған орай, азаматтарға бастаған ісін дөңгелентуіне бар мүмкіндікті беру қажет.

Жолдауда айтылған міндеттер Мемлекет басшысының өз халқына деген жанашырлығының, қамқорлығының шынайы көрінісін білдірері анық.

Абай АРАП,
облыстық әділет департаменті басшысының міндетін атқарушы

ФЕСТИВАЛЬ

Тұңғыш Президент қорының ұйымдастыруындағы дәстүрлі «Аман келешек» фестивалі өзінің бес жылдығын Қарасай ауданындағы табиғаты тамылжыған «Арман дала» балалар демалыс орталығында атап өтті. Еліміздің 15 өңірінен 500-ге жуық оқушының басын қосқан мәдени-спорттық мереке балаларға ұмытылмастай әсер қалдырды.

Серік САТЫБАЛДИЕВ,
"Жетісу"



Балалар мерейі тасыған күн

«Шекарасыз балалық» тақырыбында «Аман рух – Аман келешек» ұранымен өткен фестивальға жалпы саны екі жарым мыңнан аса адам жиналды. Облыстардан келген өрендер Астана командасының бастауымен салтанатты шерумен жүріп өтіп, сап түзеп тұрғаннан кейін, фестиваль жалауын Олимпиада чемпиондары Ермахан Ибраимов, Ольга Шишигина және паралимпиадашы Азамат Оразбек көтерді. Тұңғыш Президент қоры атқарушы директорының орынбасары Игорь Рогов, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бірғаным Әйтімова, облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов балаларға құттықтау сөздерін арнап, әлемнің 30 озық елінің қатарына енуге ұмтылған еліміз жастарының жаны да, тәні де сау, рухы асқақ, білімді азамат болып қалыптасуының маңызы зор екеніне тоқталды.

Одан кейін белгілі спортшылар, бишілер, конструкторлар, цирк өнерпаздары, журналистер, кино және басқа да салалардың шеберлері көрерменнің құрмет-қошеметімен ортадан өтті. Сондай-ақ, әлемді мотоцикльмен айналып шыққан саяхатшы-байкер Дмитрий Петрухин екі аяқты көлігімен көпшіліктің көз алдында Қазақстан Туы мен фестиваль жалауын желбіретті. Жылдағы сияқты биылғы фестиваль де балаларға керемет көңіл-күй сыйлады. Жиынға құрметті қонақ ретінде қатысқан қоғам қайраткерлері, спорт, кино, эстрада жұлдыздары олармен жүзбе-жүз кездесіп, тағылым алармен ой-тілектерімен бөлісті, бірге өнер көрсетті. Әртүрлі командалық ойындар, ұшу аппараттарының көкте самғауы, жастардың флешмоб биі, шырқалған ән-жыр да ең жарқын сәттер болды.

Фестивальдің басты мақсаты – салауатты өмір салтын қалыптастырып, мүмкіндігі шектеулі және жетім балалардың қабілеттерін ұштап, білім, мәдениет және спорт салаларына жол ашу. Бұл орайда фестиваль аясында оларға он тақырып бойынша түрлі мастер-кластар өткізілді. Алматыдағы Оқушылар сарайы, Эстрада-цирк колледжі сияқты оқу орындарының ұстаздары әртістік шеберлік, авиа-класс, цирк өнері, радиожурналистика, қолөнерге баулу, би, аспаздық сабақтарын жүргізді.

Қарасай ауданы

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Миллиардты мойындатқан МҰҚАЛИ
2-бет

Қаһарман қаламгер
4-бет

Асылдың сынығы
5-бет

КАРТОП ӨСІРУ

НАҚТЫ ҚАДАМ ЖАСАЛУДА

Картоптың орны бөлек. Күнкөріс көзін дәл осы дақыл түрінен тауып отырған аудан дикандары алдағы уақытта картоп өнімін молайтуға зор мүмкіндік алды. Аудан әкімі Жолан Омаров бастаған ауылшаруашылығының мамандары Текес ауылдық округіндегі картоп алқабын аралап, шаруа жағдайымен танысты.

Облыс әкімі Амандық Баталов таулы өңірде картоп өсіруге қолдау көрсетіп, бюджеттен қомақты қаражат бөлген еді. Соның арқасында Голландиядан 290 тонна таза элиталық картоп тұқымы сатып алынды. Бүгінде шетелдің «Санте» мен «Агрия» тұқымы мол өнім береді деп күтілуде.

Жалпы 238,950 келі картоп тұқымы 72 гектарға егілді. Мұның ішінде Текестегі картоп өсірумен айналысатын «Өркен», «Ерік», «Ретай», «Ақжол», «Самғат» сияқты қожалықтар бар. Олар да аталған жаңа тұқым түрін егуге көшті.

Элиталық картоп тұқымының өнім беру мүмкіндігі анағұрлым жоғары екенін мамандар айтып отыр. «Санте» мен «Агрияны» 4 жыл бойы отырғызып, мол өнім алуға болады. Сырты тегіс, сары түсті шетелдік тұқымды еге білсең, ол жер таңдап, топырақ талғамайды. Осының арқасында ауданның топырағы құнарлы алқаптары аз күнде берекеге толды. Бұл тұрғыда шаруа қожалықтары картоп күтуде түрлі зиянкестермен дер кезінде күресіп, шығымды сақтады.

– *Облыс әкімінің қолдауымен іске асып отырған картоп шаруашылығымен, шаруа қожалықтарының тыныстіршілігімен таныстық. Жігіттер жаңа картоп тұқымын күтіп-баптауда еш аянып қалған жоқ. Қолдағы бар мүмкіндікті пайдаланып, мол өнім алуды көздеп отыр,* – дейді «Өркен» шаруа қожалығының жетекшісі Талғат Нүсіпқожаев.

Иә, осы тұста облыста картоп отырғызатын, өнім жинайтын, жерді құнарландыратын жаңа техника алу үшін 500 млн. теңге бөлу жоспарланып қойғанын айта кеткеніміз жөн. Осы бағытта істеліп жатқан жұмыстар да өз нәтижесін бере бастағандай. Оны аудан басшысы картоп отырғызылған алқаптарды аралап көрген кезде көз жеткізді.

Аудан әкімі Жолан Омаров дикандардың төккен терімен істеген еңбегінің еш кетпегеніне қуанды. «Санте» мен «Агрия» элиталық тұқымының бір түбінің өзінен 13-17 жаңа түйнектің шығым бергенін байқадық. Аталған шетелдік екі тұқымнан 300-350 центнерден өнім алуға мүмкіндік бар. Бұл өз кезегінде аудан дикандары үшін жаман көрсеткіш емес.

Келер жылға шаруа қожалық иелері 720 гектарға картоп егуді жоспарлап отыр.

Нарынқолдың картобын қалпына келтірудегі нақты қадамдарға ел де ерекше қуанышты. Екінші нан деген атауы бар картоп аз уақытта аясын кеңейтеді деп сенеміз. Оған біздің дикандардың толық мүмкіндігі бар.

Серікжан МҰРАСІЛОВ
Текес ауылы,
Райымбек ауданы

САЯСАТ САХНАСЫ

ҚАП ТАУЫНДАҒЫ БҰЛІК

Өткен апта көптеген жаңалығымен, бірталай жақсылығымен есте қалды. Соның ішінде көршілес Ресей Федерациясына қарасты Солтүстік Кавказ экономикалық ауданындағы Қабардин-Балқария елінде шыққан ұлтаралық қақтығыс көпшілікті елең еткізді. Бір елдің ішіндегі екі ұлт арасындағы араздық Кенделен ауылы арқылы өтпек болған шеруден шыққан.

Мәди АЛЖАНБАЙ,
"Жетісу"

Осыдан 310 жыл бұрын Қанжал тауының үстіртінде орын алған соғыс тарихын жаңғырту мақсатында үзеңгіге аяқ салған қабардин жігіттері шағын ауылдың үстінен ат ойнатып өтпек болады. Алайда әлгі ауылда тұратын балқарлар оған қарсылық танытып, атты шерудің ауылдың сыртынан өтуін сұрайды. Осылайша түкке тұрмайтын ерегестен басталған қарсылық республиканың басқа да аймақтарында жалғасып, күллі Ресей Федерациясын алаңдатып отыр. Осыған орай арнайы кіргізілген әскер толқуға шыққандарды таратып, күшпен қудалауда. Күштік құрылымдар белсенділерді қамауға алып, күрежолдың бойында өз ұстанымын дәлелдемек болғандарға оқ атқан. Қабардин-Балқария Республикасының астанасы Нальчик қаласында шеруге үн қоспақ болғандар жауапқа тартылып, түсініктеме беруде. Қазір оқиға басталған Кенделен ауылы қоршауға алынып, ашуға мінген халық сабырға шақырылуда. Оқиғаға орай тергеу комитетінде қылмыстық іс қозғау немесе қозғамау мәселесі талқылануда. Қалай болғанда да Қабардин-Балқария Республикасының халқы бұған дейін болмаған бүлікке тап болып отыр.

Кенделен ауылының тұсындағы Қанжал қыратында 1708 жылы орын алған қанды қырғын Қырым ханы Қаплан-Герей әскері мен қабарда князі Кургоко Атажукин бастаған жергілікті халықтың арасында болған-ды. Қырым хандығының оспадарсыз қылығы мен жосықсыз салығынан зәрезап болған қабарда халқы тұяқ серпіп өлуді жөн көреді. Ханның 35 мыңдық хан әскеріне қарсы тұрып, Қанжал қыратында түн жамыла жүрген соғыс ел тарихындағы ең айтулы оқиға есептеледі. Сол жолы Қырым хандығының бетін қайтарған жергілікті халықты бастаушы князь Кургоко Атажукинге ақын-жыраулар көптеген ерлік жырын арнайды. Сөйтіп, фольклорлық дастанға айналған батыр көп ұзамай қайтыс болады. Одан соң салық алуды тоқтатпаған татарлар мен ноғайлар қайта шабуылдайды-мыс. Бұл Википедиядан алынған мәлімет. Шындығын бір Алла біледі. Белгілісі, жыл сайын осы оқиға екі ұлттың арасындағы текетіреске себеп болып келеді. Өйткені, балқарлар Қанжал соғысын мүлде болмаған деп есептейді. Соған орай ауыл үстінен атты шерудің өтуіне қарсылық танытуын тоқтатар емес. Осыдан тура 10 жыл бұрын, Қанжал соғысының 300 жылдығына орай дәл осындай қақтығыс орын алған болатын. Екі күнге созылған сол оқиға қабардиндер мен балқарлардың арасын алшақтатып, жастардың жаулық пиғылын асқындырып жіберді.

2010 жылы жүргізілген санақ мәліметтеріне қарағанда, бұл аймақта тұратын халықты құрайтын үш ұлттың бірі — қабардиндердің саны 490 мың, орыстар 193 мың, балқарлар 108 мың адам. Республиканың негізгі ұлты қабардин мен балқарлардың шығу тегі туралы түрлі деректер бар. Тарихшылар қабардиндерді адыгей тармағына жатқызса, балқарларды түріктектес халықтардың қатарына кіргізеді. Өйткені XX ғасырдың 20-шы жылдарына дейін ресейліктер балқарларды «түркіленген кавказдықтар» деп атап келген. Олар өздеріне туыс болып келетін қарашайлар секілді қыпшақ тілінде сөйлейді. Бір сөзбен айтқанда, ұлтаралық қақтығыстың тарихы тереңде жатыр. Тағы бір себеп, құнарлы жерге талас. Балқарлар өздеріне тиесілі жерлердің Кеңес одағы кезінде қабардиндерге берілгенін айтады. Оған себеп, 1944 жылы кеңес билігінің балқар халқын Қырғызстан мен Қазақстанға жер аударып, депортациялауы. Сондықтан жерге қатысы бар әрбір әрекет балқарлар үшін жаулықпен тең көрінеді. Әсіресе, бейбіт ауылдың ортасынан ат ойнатып, шауып өту жергілікті халық үшін басқыншылықпен тең. Осыған орай жергілікті полиция қабардин жігіттеріне ауылдың сыртынан өтуді ұсынған. Атты шеруге қатысатын 200 адамның 170-і он жыл бұрынғы қарсылықты ескеріп, сапардан бас тартқанымен қалған жігіттер алған бетінен қайтпайды. Көздеген биік шыңға 17 қыркүйек күні таңертең ауылдың сыртымен жеткен шерушілер сапындағы белсенді жастар қайтарда Кенделен ауылы арқылы өткізуді талап етеді. Салт аттылар Ресей Федерациясының азаматы болғандықтан емін-еркін жүруге құқылы екендігін алға тартқан. Ақырында құзырлы органдардың көмегімен ауыл арқылы өтпек болған аттылар тұрғындардың қарсылығына тап болады. Осылайша шағын ауылдан шыққан шу күллі Қабардин-Балқария Республикасын дүрбелеңге түсіріп тастады. Нальчик — Тырнауз бағытындағы автокөлік жолы жабылған.

Бүгінгі күннің бұлтартпас шындығы — Қабардин-Балқария деп аталатын шағын бір мемлекеттің өз ішінен бүлікке тап болуы. Құдай ондайдан сақтасын, бір анығы — ұлтаралық саясатта арандатушылар мен отқа май құюшылар көп шығады. Солардың азғыруына тап болған ағайынды елдің келешегі кемел, болашағы берік, шаңырағы биік, керегесі кең болуын тілейік.



ЖАЙДАРМАН

ӨНЕР ӨРІСІМІЗДІ КЕҢЕЙТЕДІ

Жақында Сарқан ауданындағы Черкасск ауыл-дық Мәдениет үйі күрделі жөндеуден кейін елді мекен тұрғындарына араға жылдар салып есігін айқара ашты. Аудан әкімі Ерғазы ҚОШАНБЕКОВ жұрт-шылықтың осынау қуанышын бөлісіп, ізгі тілегін ортаға салды.

— Өткен жылы Бақалы ауылдық Мәдениет үйі, Сарқан аудандық Мәдениет үйі, «Черкасск қорғанысы» музейі күрделі жөндеуден өтсе, биыл, міне, ширек ғасырдан бері пайдалануда шығып, қабырғалары ғана қалқайып қалған Черкасск ауылдық Мәдениет үйі адам танымастай өңделіп-өзгеріп, көз тартарлық заманауи ғимаратқа айналып, ел игілігіне ұсынылуда, — деді Ерғазы Қошанбекұлы.

Әкім құттықтауын облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әлия Жақыпбекованың лебізі толықтыра түсті. Әлия Әлімжанқызы облыс әкімі Амандық Баталовтың мәдени салаларды қайта жаңғыртуға бюджеттен бөлінген қомақты қаржының игерілуін басты назарда ұстауының нәтижесіндегі өңірлерді дамытудағы оң қадамды сөзіне арқау етті. Жиында, сонымен қатар, Черкасск ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Төлеухан Битембиев, Черкасск ауылдық округі әкімдігінің бас маманы Тілеужан Әскербек, орыс тілі пәнінің мұғалімі Любовь Прокопенко сөз алып, ауыл тұрғындарының ақжарма алғысын жеткізді.

Жаңғырған, жаңарған ғимараттың алдындағы ескерткіш ауылға ат ізін салушылардың назарын аудармай қоймайды. Биік тұғырдағы домбыра мен шаңырақ әсем үйлесім тауып, қарсы алдындағы мәдениет ошағы екенін айтпай-ақ аңғартып тұрады екен. Бұл Мәдениет үйінің сыртқы көрінісі болса, ішіне енген адамды қызықтыратын тартылыс күші бар үйірмелер мұнда молынан табылады. Теннис үстелі енді жас спортшылардың басын қосса, домбыра, би үйірмелеріне жазылушылар қазірдің өзінде аз емес көрінеді. Жаңа кітаптармен оқырмандарды қызықтыратын кітапхана да енді бос болмауы тиіс.

Мәдениет үйінің ашылуына куә болғандар сол күні аудан өнерпаздарының тартымды концертін тамашалады. Араға уақыт салып ауыл сахнасынан қанаттанғандардың үлкен сахналардан көрініп, көрермендерінің көзайымына айналар сәті де алыс емес деген нық сенім көкейімізге ұялады.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

Нұр Отан

Ағылшын тілі – жаһандық тіл. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру бұл, ең алдымен, халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің талабы.

ҮШ ТІЛ БІЛУ – заман талабы

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Президентіміз Н. Назарбаев: «Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар кәсіби байланыс құралы ретінде жапа-тармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей. Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде, 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайзиялықтар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма?» – деген болатын. Сондай-ақ, Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзінде де: «Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кемі үш тілді болуы, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруі тиіс. Еуропада көптілділік қалыпты нормаға айналған, біз де осы қатардан міндетті түрде табылуға тиіспіз. Ағылшын тілін кең тұрғыда білмей, ұлттың нағыз бәсекеге қабілеттілігі туралы айту қиын», – деген еді.

Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше, пайдасы ұшан-теңіз. Туған тіліңді білуге тиісті емессің, міндеттісің дер едім. Ал басқа мемлекеттің алдында өз елінің дәрежесі биік екенін мойындату үшін жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді. Шет тілін білу – уақыт талабы. Адамның қарым-қатынаста әрі өз ойын жеткізуде тіл білуі оның жанжақтылығын және білімділігін көрсетеді.

«Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалы партияның «Үш тілділікке өту» жобасын өз өңірімізде жүзеге асыра бастады. Өткен аптада ауданымыздың ағылшын тілі пәні мұғалімдері мен мектеп басшыларының қатысуымен «English for jastar» жаңа жобасын іске асыру бойынша «Шет тілін білу сән емес, заман талабы» атты «дөңгелек үстел» өткізілді.

«Мектеп жасына дейінгі білім беру деңгейінде үш тілді оқытуды жаппай енгізуді қамтамасыз ету қажет. Осылайша біз тілдерді меңгерудің қисынды жүйесін қалыптастыра аламыз: әліпбиі – балабақша деңгейінде, мектепте – базалық деңгей, университет пен колледжде – мамандық бойынша кәсіби тіл», – деп партия Төрағасы айтқандай, көптілді білім беруді дамытуға басымдық танытуымыз ашықтық пен жанжақтылықты талап етеді. Өмірден өз жолын табуға, беделді кәсіпті игеруге, өзіне және өзінің отбасына жақсы көңілкүй, жарқын болашақ сыйлауға тырысқан оқушылар үшін шет тілдерін білу қажеттілігін қамтамасыз ету – аға буынның, яғни, біздің басты парызымыз. Осы орайда Қаратал ауданының білім бөлімімен келісе келе, Елтай ауылдық округіндегі, Бастөбе ауылдық округіндегі және Үштөбе қаласындағы С. Морозов атындағы №51 орта мектептерде үстіміздегі жылдың 17 қыркүйегінен І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жоғары курсынан үш студент сабақ өте бастады. Студенттер еріктілікпен партия жобасының жүзеге асуына белсене араласып, 9, 10, 11-сынып оқушыларының арасынан ағылшын тілін меңгеруге ниет білдіруші, әр мектептен 30-ға жуық оқушыны тегін, аптасына үш сағаттан оқыту үрдісін жүргізуде. Оқыту жыл соңына дейін жалғасады. Елтай ауылдық округіндегі Елтай орта мектебінде Еркежан Төребаева, Бастөбе ауылдық округіндегі М. Горький атындағы орта мектепте Диана Абилхамитова, Үштөбе қаласындағы С. Морозов атындағы №51 орта мектепте Евгения Марейсик есімді болашақ ұстаздарымыз, партиялық жобаға еріктілік танытушы қыздарымыз дәріс беруде.

Елбасы қойып отырған міндеттің негізгі бағыты өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете білетін жеке тұлға қалыптастыру болса, бұл жағынан Қаратал ауданындағы «нұротандықтар» да қалыс қалған емес.

Ж. ТЕҢЕЛБАЕВ,
«Нұр Отан» партиясы
Қаратал аудандық филиалы
төрағасының бірінші орынбасары

БЖЗК
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ

БИЫЛ 1 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 8,8 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАП, ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 1,02 ТРЛН. ТЕҢГЕГЕ НЕМЕСЕ 13 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ. САЛЫМШЫЛАР МЕН АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТТАРЫНА ЕСЕПТЕЛГЕН ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАБЫС ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 584,9 МЛРД. ТЕҢГЕ БОЛЫП, ТАБЫСТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ 47 ПАЙЫЗҒА ЖЕТТІ. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ 2018 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-ТАМЫЗ АЙЛАРЫ АРАЛЫҒЫНДА 7,3 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАСА, БҰЛ КЕЗЕҢДЕГІ ИНФЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІ 2,9 ПАЙЫЗ БОЛДЫ.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Осыдан-ақ жыл сайын қорға жарна аударатын салымшылардың саны көбейіп, олардың жеке шоттарындағы табыстың да молайып келе жатқанын көруге болады. Бірақ салымшылар арасында түрлі әңгіменің ұшы көрініп қалатыны да жасырын емес. Әсіресе, тұрғындардың көбін қазір «Зейнетақы қалай есептеледі?» деген сұрақ жиі мазалайды. Өйткені, барлық адам ай сайын өзінің зейнетақы шотына қаржының аударылып жатқанын білсе де, сол қаржының зейнетке шыққаннан кейінгі жағдайда өміріне қандай өзгерістер әкелетінін түсіне бермейді. Бірақ көптеген жұмысбасты адамдар бұл сұрақты қор мамандарын арнайы іздеп барып, бетпе-бет қойып, өздеріне керекті жауап алуларына уақыт таппайды. Сондықтан, әлеуметтік желілерге немесе баспасөз өкілдеріне жүгініп, жауап күтеді. Ендеше осы жолы тұрғындарды жиі мазалайтын осы тектес сұраққа жауап іздеп көрелік.

Бүгінде қазақстандықтардың жинтық зейнетақысы екі төлем көзінен құралады. Бірі – мемлекеттік бюджеттен төленетін базалық және ортақ зейнетақы болса, екіншісі – БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтары есебінен жүзеге асырылатын зейнетақы төлемдері. Әрине, базалық зейнетақы барлық зейнеткерге төленеді. Алайда оның мөлшері 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтіліне және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты есептеліп жатыр. Егер зейнеткердің жалпы еңбек өтілі 10 жыл және одан төмен болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 пайызын құрайды. 10 жылдан асқан әрбір жыл үшін оның көлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 пайызына ұлғайып отырады. Ал 33 жыл және одан жоғары болған жағдайда базалық зейнетақының мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100 пайызына тең болады және одан аспайды.

Тағы бір айта кетерлігі, ортақ зейнетақыға 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін кемінде 6 ай еңбек өтілі бар азаматтар үміт арта алады. БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап ай сайын төленуде. Зейнетақы жинақтары жарналардың міндетті түрлері есебінен қалыптасады. Зейнетақы төлемдерін алушы өтініш берген күні оның шотындағы жинақтардың сомасы ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспаса, бұл сома алушыға бір рет толығымен төленеді (2018 жылы – 404 940 теңге). Осы тұста бүгінде зейнеткерлерге берілетін зейнетақының 80-85 пайызы мемлекеттік зейнетақыдан төленіп жатқанын айта кеткен дұрыс. Бірақ қазіргі экономикалық қарым-қатынастың күн сайын өзгеріп отырғаны сияқты зейнетақы төлемі де соған сай өзгеріске түседі. Соған орай жинақтаушы бөліктің маңызы арта түседі.

Ұзақ жыл бойы Жетісу өңірінің қоғамдық жұмыстарына белсенді араласып, бүгінде зейнеткерлер қатарын толықтырған Болат Бисұлтанов ағамыз: «Мен жыл сайын еліміздің зейнетақы жүйесіндегі өзгерістерді көріп, қуанып отырамын. Міне, қатарынан бірнеше жыл зейнетақымыз өсіп, ақшамыз көбейіп қалды. Кейінгі жылдары реформа нәтижесінде зейнетақы да өсіп келеді. Биыл кезінде еңбек еткен жылдарымыз зейнетақыға қосылыпты деп естідік. Бізге бұдан артық қандай қуаныш болсын?!» – дейді ағынан жарылып.

2040 жылдары зейнетке 1998 жылға дейін еңбек өтілі жоқ азаматтар шыға бастайды. Ол кезде олар өздерінің жинақтарына және базалық зейнетақыға ғана үміт артады. Сондықтан міндетті зейнетақы жарналарын қордағы жеке зейнетақы шотына тұрақты аударып тұру және жұмыс берушінің жарналарды қорға уақытылы аударуын қадағалау өте маңызды. Бұл ретте жұмыс берушіден алатын деректерді зейнетақы шотынан алынатын үзінді-көшірмемен салыстыруға болады.

«Қайтыс болған адамның Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинағы мұрагерлерге қалай беріледі?» – деген сұрақ та көпті мазалап келеді. Әрине, бұл сұрақтың да жасы ұлғайған адамның әрқайсысын толғандыратыны анық. Десе де, зейнетақы жинақтары өсиет бойынша және ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 31-33-баптарына сәйкес мұрағa қалдырылады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, зейнетақы қоры оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған адамға айлық есептік көрсеткіштің 52,4 еселенген мөлшерінде (биыл ол: 2405*52,4 = 126 022 теңге) біржолғы төлем төлейді. Бірақ бұл сома жеке зейнетақы шотында жатқан қаражаттан аспауы тиіс. Мұрагерлікке құқығы бар тұлғалардың толық тізімі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген.

Азамат Кемелбек есімді қала тұрғыны: «Жан бар жерде қаза бар» дегендей, әкеміз қайтыс болғаннан кейін ол кісінің зейнетақы қорындағы жинағын алу үшін қорға хабарластым. Менің барлық шартым мұрагерлікке жарамды екен. Сосын мұрагерлік құқығы туралы куәлігіммен тұрғылықты жердегі нотариусқа өтініш бердім. Заң бойынша қаржы 6 айдың ішінде қолыма тиді. Сонда ғана барлық зейнетақы шоттарындағы жинақтардың толық сақталатынына көзім жетті. Егер керек болып жатқан жағдайда мұрағa қалдырылған зейнетақы жинақтарын алуға арналған құжаттардың бекітілген нысанын қордың www.enpf.kz сайтының «Қызметтер» айдарының «Алушыларға» деп аталатын бөлімінде жүктеп алуға болатынын айта кеткім келеді», – дейді ол.

Кейінгі кездері тұрғындар арасында «Зейнетақы қорындағы жинақтың есебінен «7-20-25» бағдарламасы бойынша үй алуға бола ма екен?» деген сұрақ та жиі көтеріліп жүр. Әрине, бұл үшін тұрғындарды кінәлаудан аулақпыз. Қайта кейде осындай сұрақтардың көтерілгені де орынды. Сонда ғана түсініксіз дүниелерді түсініп, белсенділігімізді арттыруға болады. Біз жоғарыдағы тұрғынның сұрағын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» облыстық филиалының мамандарына жолдаған едік. Сауалымызға:

– Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры тек заң аясында ғана қызмет атқарады. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға (ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге биыл 58,5 жасқа толғанда), сондай-ақ, мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жағдайда бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар жандарға төленеді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету дерегін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар. Яғни, ағымдағы заңда БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары есебінен несиені өтеу, жылжымайтын мүлік сатып алу, оқу ақысын төлеу және басқа да шығындарға жұмсау мүмкіндіктері қарастырылмаған, – деген жауап алдық.

Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесі тұрақты түрде дамып келеді. Салымшылардың сауалдары мен өтініштеріне сараптама, зейнетақы жарналарына мониторинг жүргізілуде. Актуарлық есептемелер жасалып, әлемдік тәжірибелерге талдау жүргізіліп жатыр. Сондықтан Қазақстанда зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу туралы әңгіме қозғау мәселесі әлі ерте. Есесіне еліміздің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жыл сайын өсіп, өркендеп, дамып келеді. Алдағы уақытта да қор жақсы жетістіктермен қуанта түседі деген сенімдеміз.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 113 (18533)
Бейсенбі, 11 қазан, 2018 жыл.

■ СҮЙІНШІ!



Бекарыс – чемпион!

АРГЕНТИНАНЫҢ БУЭНОС-АЙРЕС ҚАЛАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ III ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНАН СҮЙІНШІ ХАБАР ЖЕТТІ.

Кербұлақ ауданы, Жоламан ауылының тумасы Бекарыс Садуақас 100 келі салмақта барлық қарсыластарынан басым түсті. Ол финалға дейін Иран спортшысын иппон әдісімен жеңсе, мажарлық Зомбора Веганы вазаримен ұтты. Финалда 2018 жылы Европа чемпионатының күміс жүлдегері грузиялық Илья Суламанидзені вазаримен тізе бүктірді. Осылайша Бекарыс Садуақас Алматы облысы бойынша тұңғыш рет жасөспірімдер арасында дзюдодан Олимпиада ойындарының чемпионы деген атаққа қол жеткізді. Жерлесіміздің Европаның ашық кубогының чемпионы, қола жүлдегері, кадеттер арасында екі дүркін Азия чемпионы, кадеттер арасында үш дүркін Азия кубогының жеңімпазы, жасөспірімдер арасында Азия кубогының иегері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері деген атағы бар. Жеңіске жеткен жерлесіміздің алтын жүлдесі құтты болсын!

Әмір САНА

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Бақ мекеннің биік белесі
2-бет

Жақсы кітап қолыма түссе
3-бет

■ ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ



Басты талап – тұрмыс сапасын арттыру

Облыстық әкімдікте Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылауға арналған өңірлік актив жиналысы өтті. Жиынды облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ ашып, жүргізді. Жиында Елбасының халыққа арнаған Жолдауы талқыланып, оның ел болашағы үшін маңыздылығы айтылды. Сондай-ақ, Жолдауды іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың басшыларына тапсырма берілді. Амандық Ғаббасұлы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына қысқа мерзімде Жолдауды іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуді, шұғыл және бірінші кезекте іске асырылатын жұмыстарды анықтауды жүктеді.

Гүлжан ТҰРСЫН,
“Жетісу”

Өмір сүруге жайлы орта қалыптастыруда инфрақұрылым тартудың рөлі зор. Бұл орайда өңірде бірқатар жұмыстар атқарылған. Облыста 741 елді мекен болса, соның 647-сі орталық су жүйесімен жабдықталған. Көрсеткіш облыс халқының 87,3 пайызы таза ауызсумен қамтылғандығын дәлелдейді. Өңір басшысы Амандық Ғаббасұлы жыл соңына дейін тағы 17 ауыл тұрғындарының сапалы ауызсуға қол жеткізіп, ауызсумен қамту деңгейінің 89,6 пайызды құрайтынын айтты. Бұл республикадағы ең үздік көрсеткіш.

Елбасы басты құжатта жол мәселесін де назарда ұстау қажеттігін айтқан еді. Активте жергілікті маңызы бар жолдардың құрылысы мен жөндеуіне жыл сайын 30 млрд. теңгеге дейін қаржы бөлінетіндігі, шараның ары қарай да жалғасын таба беретіндігі сөз болды.

Алдағы жыл «Жастар жылы» болып жарияланды. Сонымен қатар, ауылды қолдау барысында “Ауыл – ел бесігі” арнайы жобасы іске қосылады. Бұл орайда облыс әкімі өзінің орынбасарлары мен білім беру саласының жетекшілеріне аудан, қалаларда балалар жасөспірімдер бірлестігін құрып, мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің рөлін күшейтіп, мектеп туризмін қайта жаңғыртуды міндеттеді.

Актив жиыны соңында облыс әкімі Амандық Баталов орынбасары Ақан Әбдуалиевке, облыстық ішкі саясат басқармасы басшылығына, сондай-ақ, аудан, қала әкімдеріне Елбасының Жолдауын түсіндіру мақсатында ақпараттық-насихат топтарын құрып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуді және оған ақпараттық қолдау көрсетуді тапсырды.

■ БІНТЫМАҚТАСТЫҚ

Жетісу өңіріне келген қырғыз ағайындарды облысымыздың кәсіпкерлік саласындағы жетістіктері қатты қызықтырды. Сондай-ақ, Қырғыз елінің өкілдері Оқушылар сарайын, Жастарға қызмет көрсету орталығын, жаңадан ашылған №28 орта мектепті, «Жастар» саябағын, Қаратал бойындағы аллеяны, қалалық көпсалалы ауруханаларды аралап көрді.

Кәсіпкерлер тәжірибе алмасты

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Қырғызстаннан келген делегацияны облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры Нариман Әбілшайықов ықыласпен қарсы алып, кәсіпкерлерге жасалып жатқан қолдау мен көмек туралы айтып берді. Осыдан кейін облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** қонақтарға Көрме кешенін көрсетті.

– Арамызды Алатау бөліп жатқанымен өткен тарихымыз еншілесе өрілетін екі елміз. Сіздер Ыстықкөл, біз Алакөлмен әлемдік туризмге үлес қосып жатқанымыз тағы бар. Бұдан өзге де кәсіпкерлік саласында ынтымақтаса жұмыс істейтін мүмкіндіктер тіпті көп. Бүгін соған даңғыл жол салынды, – деді облыс басшысы.

Өңірдегі кәсіпкерлердің жетістігімен танысқан қырғыз ағайындар жұмыс нәтижесіне ризашылықтарын білдірді.

– Ыстықкөл облысы туризм саласын дамытудың даңғыл жолында. Бұл бағытта мүмкіндігіміз мол. Бүгін сіздердің кәсіпкерлерге жасап отырған мүмкіндіктеріңізді көріп, тіпті қуанып қалдық. Сондықтан, сіздермен бірлесе жұмыс істеуге әрқашан дайынбыз, – деді Қырғызстан Республикасы Үкіметінің Ыстықкөл облысындағы өкілі Ақылбек Осмоналиев.

Қаратал өзені бойындағы аллея қырғыз ағайындардың көз қуанышына айналды. Ондағы жаңа жайлы көрініс пен емін-еркін демалуға арналған жағдай шетелдік кәсіпкерлерді тәнті етті. Ал көпсалалы ауруханаға аралап шыққан қонақтар облысымыздың емдеу саласындағы деңгейін бағамдады. Арасында облыс орталығындағы сауда орталықтарына бас сұғып, сауда-саттық жағдайымен де танысып үлгерді.

– Елбасының тапсырмасымен емдеу орталықтары көптеп бой көтеруде. Бұл тапсырма облыс әкімі Амандық Баталовтың назарынан түскен емес. Алдағы уақытта да емдеу мүмкіндігі жоғары ауруханалар салынатын болады, – деді келешек жоспарларымен бөліскен облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов.

Екі ел кәсіпкерлерінің ортақ мақсат тұрғысында бас қосуына себепкер – Қазақстанның Қырғызстандағы Елшілігі.

– Алтау ала болса, ауыздағы кетіп, төртеу түгелденсе төбедегі келетіндігі белгілі. Сондықтан, мен Елшілік қызметімде екі ел кәсіпкерлері арасындағы ынтымақты нығайтып, дамытуға күш салғым келді, – дейді Қазақстанның Қырғызстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Кәрім Көкірекбаев.

Әсіресе, бұл кездесу екі ел кәсіпкерлері мен ауыл және мал шаруашылығы, туризм, қайта өңдеу саласымен айналысатын кәсіпорын жетекшілеріне үлкен қозғау болды. Сол қатарда «Ай Р» ЖШС өндірген «Эконат» атты экологиялық тыңайтқыштарға жетісулық шаруалар қызығушылық танытты.

Аталған кәсіпорынның ірегетасы 2015 жылы Ыстықкөл облысының Қарақол өңірінде қаланды. Олар өндіретін 30-дан астам тыңайтқыштың негізгі шикізаты сазды жердің ең төменгі қабатынан алынады. Саз балшықтан жасалатын тыңайтқыштың бұл түрі европалық тәжірибенің жемісі болғанымен алғашқы рет Қырғызстанда жүзеге асты. Өткен жылы алғашқы тыңайтқыш өндіріліп, Орталық Азия мен Қытай, Ресей, бірқатар европалық елдерде сынақтан өткізілілпті. Нәтижесі жақсы болғандықтан осы жылдың маусым айында халықаралық сертификатқа қол жеткізген екен.

– «Эконат» органикалық тыңайтқышын өткен жылы Түркістан облысында бүлдірген, Алматы облысында өрік жемісін өсіруде сынақтан өткіздік. Нәтижесін көрген шаруалар қазірдің өзінде бізбен келісімшартқа отырып, сатып алуға ниет танытуда, – дейді «Ай Р» ЖШС директоры Рустамжан Назармұхамедов.

Қонақтар облыс орталығындағы көрікті жерлер мен жаңа нысандарды аралап, қазақстандық кәсіпкерлермен өзара тәжірибе алмасып қайтты.

■ БІР КЕМ ДҮНИЕ!..

АЛАШ АЙБАРЫ



Алашымның айбары өтті ғұмырдан,
Хас қырандай сес көрсеткен тұғырдан!
Шырағданы Шерағамның өшпейді,
Қазақ рухы деген асқақ ұғымнан!

«ЖЕТІСУЛЫҚТАР»

■ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік көмекті ұйымдастыру жөніндегі облыс әкімдігінің жанындағы консультативтік-кеңесші органның кезекті отырысы өтті.

Әлеуметтік қолдау көрсетіледі

Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА,
«Жетісу»

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов төрағалық еткен басқосуға консультативтік-кеңесші орган мүшелері және Ескелді ауданы, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасарлары, үкіметтік емес ұйымның, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде жазасын өтеп шыққан және пробация қызметінде есепте тұрған, туберкулез ауруымен ауыратын азаматтарға көрсетілетін медициналық көмек, консультативтік-кеңесші органдардың ағымдағы жылы атқарған жұмыстары, бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандарды жұмыспен қамту және бизнес бірлестіктерін түзеу мекемелеріне тарту, «Еңбек Жауғашты» РМК-ны тапсырыстармен қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Сондай-ақ, облыс бойынша ҚАЖД ЛА-155/4, 8, 12, 14, 16 және ЕС-164/4 мекемелерінің негізгі қоршаудан елу метрден кем емес қашықтықта аймақ шекарасын анықтау бойынша атқарылған жұмыстар, ЛА-155/12 мекемесінде сотталғандар үшін кешкі ауысымдық орта мектептің және кәсіптік колледждің ашылуы жөніндегі жұмыстардың қорытындысы, бас бостандығынан айыру орындарындағы және босатылған азаматтарды әлеуметтік оңалту жобасы сынды алты мәселе көтерілді.

Ағымдағы жылы жұмыспен қамту орталықтарына бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген және пробация қызметінің есебінде тұрғандар арасынан 524 адам жүгінген. Оның 206-сы тұрақты жұмысқа орналастырылған. Оның ішінде 176 адам – пробация қызметінің есебінде тұрғандар. Әлеуметтік жұмыс орындарына – 6, қысқамерзімді кәсіптік оқытуға мамандық алу үшін – 54, ақылы қоғамдық жұмыс орындарына – 65 адам жіберілген. Отырыс соңынан қатысушылар әлеуметтік оңалту жұмыстарын күшейтіп, жазасын өтеп шыққандарға жанжақты қолдау көрсетуге уағдаласып тарқасты.

■ «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

БАЛА – ӨМІРІМІЗДІҢ ЖАЛҒАСЫ, БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ БИІК ТҰТҚАСЫ. ОСЫ БАЛДЫРҒАНДАРДЫҢ БҮГІНІ БАҚЫТТЫ, КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН БОЛСЫН ДЕГЕН МАҚСАТТА ИГІЛІКТІ ІСТЕР ЖҮЗЕГЕ АСЫП КЕЛЕДІ. СОНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫН АЙТУҒА БОЛАДЫ.

36 мың жеткіншек акция игілігін көрді

Мектеп жасындағы барлық баланы орта біліммен қамту мәселесіне жұртшылықтың назарын аудару, міндетті орта білім алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылады.

Акцияның негізгі мақсаты – жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасы балаларының мектепке баруына көмек көрсету. Осы орайда мектепке бармаған балаларды анықтау, оқуға дайындау, тұрмысы төмен отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында рейдтік шаралар жүргізілді.

«Мектепке жол» акциясы аясында мұқтаж балаларға мемлекеттік қызметкерлер, кәсіпкерлер, жеке тұлғалар, ата-аналар комитеттері, қамқоршылық кеңестер қолдау көрсетті. Биылғы акцияны өткізу барысында облыс бойынша 36 мыңнан астам бала жалпы сомасы 350 млн. 372 мың теңгенің қайырымдылық көмегін алды. Оның ішінде, бюджеттік қаражат есебінен 141 млн. 725 мың теңге қаржы қарастырылса, демеушілер тарапынан 208 млн. 795 мың теңгенің көмегі көрсетілді.

Акция барысында балаларды қуанышқа кенелтіп, игілікті іс жасап, қол ұшын берген жомарт жандарға, өңір азаматтарына, «Нұр Отан» партиясы, департамент, басқарма басшыларына, кәсіпкерлерге, меценаттарға, «Халық» банкіне және үкіметтік емес ұйым өкілдеріне облыстық білім басқармасы атынан алғыс айтамыз.

М. АБДЫКАЛИЕВА,
облыстық білім басқармасының бас маманы

■ ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫ

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАНДАНАДЫ

Президент Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ өз Жолдауында «7-20-25» бағдарламасын одан әрі жандандыру жөнінде тапсырма берген болатын. Осы ретте аталған бағдарлама аясындағы жұмыстарды өрістету үшін облыс әкімдігі мен «Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
“Жетісу”

Осыған орай салаға жауапты қызметкерлермен кездесу өткізіліп, қос тарап «7–20–25» ипотекалық тұрғын үй несиелеу бағдарламасын бірлесе іске асыру жөнінде әңгіме қозғады. Облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** сөз сөйлеп, бағдарламаның орындалу барысы жайлы жан-жақты айтып өтті. Амандық Ғаббасұлы салаға жауапты мамандар мен аудан, қала әкімдерін орындарынан тұрғызып, аталған бағдарламаны іске асыру бағытында өңірлерде қандай іс-шаралар атқарылып жатыр, әлеуметтік сала қызметкерлері мен халықты баспанамен қамтамасыз етуде нендей іс-шаралар қолға алынуда, үй кезегінде тұрған адам саны қанша деген сұрақтар аясында жауап алды.

Жиын барысында облыста бұл бағыттағы жұмыстардың әлі де баяу жүріп жатқанын сынға алған облыс басшысы осы мәселе төңірегінде жыл соңына қарай салаға жауаптылардан есеп алынатынын қатаң ескертті. Сол себепті бағдарламаның тыңғылықты жүзеге асырылуын осы бастан бақылауға алып, бұл бағыттағы жұмысты күшейту жөнінде тапсырмалар жүктеді.

– Бюджеттік сала қызметкерлерін қолдау мақсатында олардың алғашқы бастапқы жарнасын субсидиялау қажет, яғни, 20 пайыздың 10 пайызын өзімізге аламыз. Тұрғын үй сертификаты түрінде қайтарымды негізде ұзақмерзімді пайызсыз несие беріледі. Осыған 2 миллиард теңге бағыттайтын боламыз. Осы ретте 500 мың шаршы метр қолжетімді тұрғын үй салынады, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Облыс басшысы Райымбек, Балқаш, Ақсу сияқты шалғай аудандардағы құрылыс қарқынын арттырып, көпқабатты тұрғын үйлер мен коттеджді баспаналарды көптеп салуға көңіл бөлу қажет екенін, сондай-ақ, Алматы қаласының маңынан орын тепкен өңірлерде бой көтеретін тұрғын үйлерді қай жағынан болсын талапқа сай сапалы да әдемі етіп тұрғызу керектігін, осының орындауда әкімдіктер банк пен құрылыс жұмыстарын жүргізетін мекемелермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізуі керек екенін назарға салды.

Бұдан кейінгі сөз «Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Қайрат Алтынбековке ұсынылды.

– Бес бастаманың «Әр отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» бағыты аясында «7-20-25» бағдарламасы 4 шілдеден бастап, ресми түрде өз жұмысын бастады. Бағдарлама шарттарын жақсы білесіздер, ол 7 пайыз жылдық үстеме, 20 пайыз алғашқы жарна және 25 жылға дейін ұзартылған мерзім. Оған атында үйі жоқ, тұрақты табысы бар, басқа ипотекалық несиелері жоқ кез келген Қазақстан азаматы қатыса алады. Бүгінгі күні Қазақстанның барлық аймағынан 40 миллиард теңгенің өтініші келіп түсті. Қазіргі таңда банктер тарапынан 28 миллиард теңгенің несиелері мақұлданды. Оның ішінде, облыс бойынша 640 миллион теңгеге 53 өтініш мақұлданды. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаларды іске асыру бойынша қазір «Баспана» ипотекалық ұйымы «Нұр Отан» партиясының қолдауымен бірқатар бастаманы жүзеге асыра бастады. Осының аясында ипотекалық несие бойынша алғашқы жарнаны арзандату үшін тұрғын үй сертификаттарын шығаруда әкімдіктермен тығыз жұмыс істей бастадық, – деді Қайрат Төрекұлұлы.

Сондай-ақ, ол санды көбейту үшін бастапқы тұрғын үй ұсынысы негізінде өңірлерде «7-20-25» бағдарламасы бойынша тұрғын үй құрылысына атқарушы органдар үшін 150 миллиард теңге бөлетінін, қазіргі таңда аталған бағдарламаға «Халық банк», «Альянс банк», «Форте банк», «АТФ банк», «Цесна банк», «РБК банк» және Еуразиялық банктердің» қатысып жатқанын және банктер тарапынан барлық технологиялық дайындық жұмыстары үшін халыққа несие беру аяқталғанын мәлімдеді.

Бұдан соң қос тарап аталған бағдарламаны бірлесе іске асыруда ынтымақтаса жұмыс жүргізу жөніндегі меморандумға қол қойды. Жиын соңында облыс әкімі бұл келісімнің аталған бағдарламаны орындау бойынша Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асыруға оң ықпал ететініне сенім білдірді.

Jetisý
1918–2018
№114 (18534), 13 қазан, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

■ ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

Ғылым дамымай ел өркендемейді

ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ ЖАҢА ЖОЛДАУЫ ЕЛІМІЗДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ БАРЫСЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ҰЛЫ МҰРАТТЫ АЛҒА ТАРТАДЫ. ОСЫНАУ АСА МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТЫҢ «ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ» ДЕП АТАЛУЫНЫҢ ӨЗІ ӨЗЕКЖАРДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҰСЫНҒАНЫН КӨРСЕТЕДІ.



Әбдіманап БЕКТҰРҒАНОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

Ондағы алты бағыттың ел тыныштығы, қарапайым еңбек адамдарының жұмыспен және жайлы пәтермен қамтамасыз етіліп, алаңсыз білім алуы мен денсаулығын сақтауға бағытталғаны қуантады. Қоғамды күйзелтіп отырған сыбайлас жемқорлық, күллі халқымызды азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған ауыл проблемасы да биылғы Жолдауда нақты көрініс тапты.

Білім алу, денсаулық сақтау жөніндегі Елбасының ұсыныстары – күн тәртібінде тұрған мәселе. Оларды байыбына жеткізбейінше мемлекетіміз нығаймайды. Сондай-ақ, Жолдаудағы ғылым әлеуетін арттыру, ғылыми кадрларды өзірлеу, мәселесі де өзекті. Ғылым дамымайынша, өндіріс дамымайынша ел дамымайды, көркеймейді.

Нұрсұлтан Назарбаев Жолдауда: «Әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуі тиіс. Реформаларды табысты жүзеге асыру үшін қоғамның ортақ мақсатқа жұмылуы аса маңызды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет. Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келер жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынамын...» – деп жастардың жігерін жани түсті.

Бұған дейін де жастарға қатысты өзекті мәселелер көтеріліп, олардың сапалы дамуына мемлекет тарапынан қолайлы жағдайлар жасалып келеді. Дей тұрсақ та бір жылды тұтасымен жастарға арнау олардың болашаққа деген сенімі мен көзқарасын қалыптастыра түседі.

Былтырдан бастау алған барша үшін тегін кәсіптік-техникалық білім беру жобасы жұртшылық көңілінен шыққаны белгілі. Міне, алдағы жылы да осы үрдіс жалғасып, жастар инновациялық ізденістерін жарыққа шығарып, өз мүмкіндіктерін көрсете алатын болады. Жас ұрпаққа көңіл бөлу болашаққа деген жалпыхалықтық сенімді арттыра түсері анық.

Жалпы, Жолдауда айтылған басымдықтар елімізді бұдан да биік белестерді бағындыруға жетелейтіні ақиқат. Елбасы алдымызға қойған міндеттерді жүзеге асыруда ұйымшылдық көрсету – басты парызымыз.

■ САЯСАТ САХНАСЫ

БҮЛІКШІЛДЕР ғаламторда белсенді

АЛАЙДА ЕЛ ІШІНДЕ ТЫНЫШТЫҚТЫ, БЕЙБІТШІЛІКТІ, ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ КӨП КӨРЕТІН БҮЛІКШІЛДЕР АРА-ТҰРА БОЙ КӨРСЕТІП ҚАЛАДЫ. ЖАҚЫНДА ҒАНА ӘЛДЕБІР ЕКІ ЛАҢКЕС СОНАУ СИРИЯДАН ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ БЕЙНЕЖОЛДАУ АРНАП, ҚАЗАҚСТАН БИЛІГІНЕ ҚОҚАН-ЛОҚЫ КӨРСЕТТІ. ОНДА ДА МЕКТЕПКЕ ХИДЖАППЕН БАРМАҚ БОЛҒАН ОҚУШЫ ҚЫЗДАРҒА ТЫЙЫМ САЛҒАН БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ СЫНҒА АЛЫНДЫ.

Мәди АЛЖАНБАЙ, "Жетісу"

Бүкіләлемдік интернет желісінің «YouTube» арнасына салынған бейнежолдау орыс тілінде жазылған. Өздерінің Қазақстан азаматтары екендігін айтқан әлгі бүлікшілер жалғыз еместігін, қастарында ақтөбелік, атыраулық және оралдық «браттарының» бар екендігін алға тартады. Бет-әлпеттерін тұмшалап алған екеудің бірі сөйлеп, бар ренішін жайып салады. Осылайша жылдам таралған бейнежазба қысқа уақыттың ішінде жойылды. Дегенмен, әлеуметтік желілерде бұл мәселенің жарықшағы жазылып жатты. Мысалы, Павлодар облыстық дінаралық қарым-қатынасты талдау және даму орталығының директоры Гүлназ Раздықова «Фейсбуктегі» парақшасында: «Мына «мұсылман ағайындар» қыздардың намысын қорғап жатырмыз дейді. Неге олар Сирияда біреуден екіншісіне өткізу арқылы өз қолдарымен жезөкшеге айналдырған қыздар мен келіншектердің намысын қорғамайды?» – деп жазды. Шынында ойланатын мәселе. Елімізден қашып кетіп, әлдебір ұйымның айтағымен Шам өлкесін қанға бөктірген лаңкестердің пікірін тыңдауға бола ма? Турасын айтқанда олардың өзі түгіл сөзі күмәнді. Өйткені, бейбіт жатқан Дамаск қаласын қиратқан, тыныштықты қалаған елдің ішінде бүлік тудырғандардың әрекеті еш жақтауға тұрмайды. Тіпті, құлақ салуға да болмайтын желсөз дер едік.

Еліміздегі білім берудің стандарттарына сәйкес мектеп оқушыларының арнайы формасының үлгісі 2016 жылы бекітілген болатын. Оған дейін ел ішінде арнайы талқылау жүріп, көпшіліктің дүрбелең тудырмауына жағдай жасалғаны тағы бар. Қажет деп тапқандар сол кезде өз пікірін ортаға салып, айтар ойын айшықтаған еді. Соған байланысты оқушы қыздардың мектепке діни үлгідегі киіммен баруына шектеу қойылды. Дегенмен, онымен келіспей, қыздарын мектепке жібермей отырған ата-аналар табылып қалады. Алайда еліміздің ішкі мәселесіне сырт көздің баға беруіне қақысы жоқтығын ескерткіміз келеді. Әсіресе, туған жерінен безіп, ағайын-туысы мен әке-шешесін көпірге балаған бүлікшілер Қазақстан Республикасына қарата қай бетімен сын айтады? Осыған қарап, Астана қаласы, Сарыарқа аудандық сотының 2014 жылғы 18 тамыздағы шешімімен елімізде тыйым салынған террористік және экстремистік діни топтардың қатарына кіргізілген «Ат тәкфир уәль-хиджра» ұйымының үгіттеуші әлі де жүріп жатқанын байқау қиын емес. Осы бір бүлікшіл топ әрекетінің алдын алу құзырлы органдардың еншісінде деп сенеміз. Ал еліміздің тыныштығын, бейбітшілігін, тұрақтылығын көздің қарашығындай сақтау әрбір отаншыл азаматтың парызы екендігін ұғынатын кез келді. Өйткені, «Ит қорығын жерге өш» дегенді айтқан бабалар сөзіне сенсек, келешектің кемел болуы ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Балаңыздың кіммен дос болып жүргенін бір уақыт бақылап, кімді тыңдап жүргенін сұрау керек. Әйтпесе, әрбір қолда жүрген телефонмен таралатын түрлі бейнежазба арқылы баланың санасын улап, жарқын болашақтың тамырына балта шабылады. Сондықтан, әрбір ата-ана ұлқызының тәрбиесін басты назарда ұстауы тиіс.

Енді соғыс өрті тұтанған Шам өлкесінен оралып жатқандарға тоқталайық. Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тамыз айында таратқан мәліметіне қарағанда, Сирия мен Ирактағы бүліктерге қатысқан 870-ке жуық қазақстандықтың аз бөлігі ғана елімізге оралған. Атап айтқанда, 60-тан астам адамның 57-сі дәл қазір қамауға алынып, еңбекпен түзеу мекемелеріне тоғытылған. Бұл туралы арнайы сұхбат берген «Терроризмге қарсы комитет» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Аманжол Оразбаевтың айтуынша, қара тулы «Ислам мемлекетін» құрмақ болған лаңкестердің үгіттеушілері жастардың санасын өлімнен кейін тікелей жаннатқа кірумен алдандыруда. Оған түрлі бейнефильмдер қолданылады. Осыған орай Қазақстанның арнайы қызметі де өз жұмысын жақсартқаны анық. Мысалы, халықаралық іздеу жарияланған Қазақстан азаматы Дастан Хайсинді 2 қазанда күштік құрылым қызметкерлері Грекияның Афины қаласынан ұстап, Астанаға әкелді. Қарағанды қаласында туған Хайсинге Сириядағы террористік топтардың қатарында бүліншілік тудыруға қатысқаны үшін 2015 жылы іздеу жарияланған еді. Қазір қамауға алынған қылмыскерге қатысты тергеу амалдары басталды. Шынында ұрпағының болашағын уайымдаған ата-аналар мен қоғам тыныштығын қалайтын тұрғындардың көмегі қашанда қажет.

Ал, елімізідің Сыртқы істер министрлігі Сирия мен Ирақта жүрген қазақстандықтарды елге қайтару мәселесін көтеріп жатқанын мәлімдеген болатын. «Өз қолыңды өзің кесе алмайсың» деген осы болса керек. Шетел асып, құғын көрген сәбилер мен қыз-келіншектерді туған жеріне жеткізу адамгершілік тұрғыдан алғанда қажет-ақ. Олардың көзқарасы мен ұстанымын анықтауға және дұрыс тәрбие беруге ағайын-туысы мен ата-анасы қатысуы тиіс. «Адасқанның айыбы жоқ, үйірін қайта тапқан сол» дегенді айтқан халықтың ұстанымы осыған жетелейді.

Ендеше, сіз бен біз салт-дәстүрін сыйлайтын, ұлттық мүддені жоғары қоятын өнегелі ұрпақ тәрбиелеуді қазірден бастайық.

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ халыққа арнаған дәстүрлі Жолдауы жұртшылыққа жетті. Еліміздің әр тұрғынын жарқын болашаққа жетелеп, кемел келешекке апарар Жолдау үлкен өткелден сүрінбеуіне септігін тигізері сөзсіз. Ел дамуының темірқазығы болғандықтан мұның әр қазақстандық үшін маңызы зор. Биылғы Жолдаудың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» деп аталуының өзі әлеуметтік салаға басымдық берілгенін аңғартса керек.

Әлеуметтік жағдайға баса мән берілді

Аталмыш Жолдау барысында ел Президенті жаңа міндеттерді орындау қажеттігін атап өтіп, қарқынды түрде дамыған әлем елдерінің қатарынан қалыспауды айтты. Елбасы сөзінде қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі басты басымдыққа айналуы тиіс екендігін ерекше атап өтті. Лауазымды тұлғаның жеке тиімділігі мен қызметке лайықтылығы осы өлшем арқылы бағаланбақ. Әлеуметтік бағытқа басты назар аударған Елбасы халық табысының өсуін алға шығарып, айқын міндеттермен айшықтап берді. Осы бойынша әр азаматтың еңбекқор болуын, соған лайықты жалақы алуын, жұмысын одан әрі жандандыруы керектігін ұсынды. Сонымен бірге жеке адам мен мемлекет арасындағы күш біріксе, еңбек қоғамы құрылатындығын нұсқады. Елбасы 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 1.5 есеге, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсіру керектігін тапсырды. Бұл өз кезегінде әрбір қазақстандыққа қуаныш сыйлап, жанына жігер беріп, жұмысқа құлшынысын оятары хақ. Аталмыш жалақы барлық сала бойынша артатындығы тағы айтылып, түрлі қызметкерлердің еңбекақысы жоғарылайтыны әлеуметтің әлеуетінің көтерілуіне ықпал етпек. Елбасы осы орайда 7 бағытты жіктеп тарқатып, бизнестің жол картасы, тұрғын үй мәселелеріне айрықша мән беріп, заңсыз әкімшілік қысымнан қорғану, экспортқа бағытталған индустрияландыру, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуеті, инновациялық және сервистік секторлардың дамуы, ұзақмерзімді макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету керектігін атап өтті. Осы бағыттар бойынша қажырлы қызмет іске қосылса қазақстандықтар табысы еселенбек. Сондай-ақ, Елбасы тұрмыс сапасын арттыру тиімділігіне тоқтап, өмір сүру деңгейінің артуы әлеуқатымыздың екінші сипаты болатындығын жеткізді. Осы орайда Үкіметке әлеуметтік секторға мән бере отырып бюджет шығыстарының басымдықтарын қайта қарау керектігін тапсырды.

Сондай-ақ, Елбасы әлеуметтік қызмет көрсету ісі бойынша тұрғын үй жағдайын жақсарту мәселесіне ерекше мән берді. Президент әр азаматтың кез келген елді мекенде жайлы әрі қауіпсіз өмір сүруі керектігін тілге тиек етті. Ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғырту жайындағы жайт та жұртшылықты бейжай қалдырмасы анық. Осыған орай «Ауыл – ел бесігі» жобасының іске қосылып, шет жатқан елді мекендердің де әлеуметтік ахуалының артуына себеп болмақ. Міне, Елбасымыз биылғы Жолдауында халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыру жолындағы негізгі салалар қызметіне қажыр беріп, табысты болу жолында теңдессіз шаралар ұсынды. Ендігі кезекте біз аталған қызметтер қатарын нақтылап, берілген тапсырмалар жайын бұлжытпай орындауға тиіспіз.

Жанат БЕРІКБАЙ, Райымбек аудандық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

■ ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

БИЛІК ПЕН БҰҚАРА ХАЛЫҚ АРАСЫНА АЛТЫН КӨПІР БОЛА БІЛГЕН ДЕПУТАТТАРДЫҢ АЛҒА ҚОЙҒАН БАСТЫ МАҚСАТ МІНДЕТТЕРІ – АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ТҮЙІНІН ТАРҚАТУҒА АТСАЛЫСУ. ОСЫ СЕБЕПТІ, АЛДЫН АЛА БЕЛГІЛЕНГЕН КЕСТЕГЕ САЙ ҚАЙНАР, НҰРА АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНЕ АТ БАСЫН БҰРҒАН БІР ТОП ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСІП, ҚОРДАЛАНЫП ҚАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРГЕ НАЗАР АУДАРДЫ.

Өзекті мәселелер көтерілді

Ұлбосын ИСАБЕК, "Жетісу"

Еркін ауылындағы №26 орта мектепте өткен кездесуге аудан әкімінің орынбасары Қайдар Әбдіханов, аудандық мәслихат депутаттары, басқарма, бөлім басшылары мен мамандары, кәсіпкерлер палатасының өкілі қатысты. Жиынды ашып, жүргізіп отырған аудандық мәслихат хатшысы Жұмахан Еңкебаев сайлаушылар алдында есепті баяндама жасады.

Жұмахан Еңкебайұлының есепті баяндамасында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен халықтың тыныс-тіршілігі кеңінен қамтылды. Соның ішінде тұрғындардың көгілдір газға қосылуы, жарықтың берілуі, жолдардың жасалуы сынды мәселелер жан-жақты тарқатылды.

Аумағына 11 елді мекен кіретін Қайнар ауылдық округінде 18 мыңға таяу халық мекендейді. Округте 25 мекеме, 205 шаруа қожалығы, 28 дүкен, 17 дүңгіршек, басқа да шағын кәсіпкерлік нысандары жұмыс жасауда. Осы жылы Көктал ауылында жеке кәсіпкер Б. Қасымбекованың демеушілігімен 150 орынды балабақша ашылса, Жаңалық ауылындағы құрынсүргін құрбандарына арналған ескерткіш жанынан тарихи музейдің қабырғасы қалануда. Жалғамыс ауылында 600 орынды мектептің жобалық-сметалық құжаттарына 16 млн. 400 мың теңге қаржы бөлінгендігін Қайнар ауылдық округінің әкімі Жандос Ясинов тілге тиек етті. Ауыл әкімінің айтуынша, 2014 жылдан бері барлығы 36 шақырым су құбыры салынған. Ауылдарды жарықтандыру мен бірқатар көшелерге тас-құм төсеуге қомақты қаржы бөлініп, игерілген.

Дегенмен, мәселенің мұнымен бітпейтіндігін жиынға қатысушы тұрғындардың жанайқайы аңғартты. Халық қалаулылары құлақ асар деген үмітпен ауыл белсенділері өзекті мәселелердің бәрін жасырмастан жайып салды. Еркін ауылындағы Жастар, Киров көшелерін жөндеу, орталық көшеге бағдаршам қою қажеттігін, ауылдағы ФАП-тың сын көтермейтіндігін, жарық пен судың жиі өшіп, ескертусіз тоқтатылатындығын, соған қарамастан тарифтің қымбаттығын жіпке тізгендей етіп жарыса жеткізді. Мұндай өзекті мәселелердің «Ай-Абылай», «Айғаным» ықшамаудандарына қатысты екендігі айтылды. Ауыл арасында қаңғыбас иттердің де босып жүретіндігіне налыған жұрт қиындықтың шешімін табуына депутаттардың назар аударуын сұрады.

Туғанбай, Өстемір, Қаратоған ауылдарының басын біріктіретін Нұра ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуде де күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қаралды. Аудандық мәслихат хатшысы Жұмахан Еңкебаевтың есептік баяндамасынан соң ауыл әкімі Сейітқұл Домбаев атқарылған жұмыстар жайын баяндады. «Нұра – 2» ықшамауданына жарық желісін, су құбырын тартуға, жолын жасауға республикалық бюджеттен 2 млрд. 438 млн. 691 мың 820 теңге бөлініп, игерілген. Нұра ауылындағы 3 және Туғанбай ауылындағы 1 көшеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Аграрлық аймақта былтыр «Алға-Нұра», «Қазына-Нұра», «Қазына-Жеміс» ауылшаруашылық кооперативтері құрылған. Нәтижесінде «Қазына-Жеміс» 50 гектар жерге көкөніс өсіріп, бүгінгі күні сауда орындарына 100 тонна көкөніс өткізген. Он адам еңбекпен қамтылған. Кәсіпкерліктің де керегесі кеңи түскен. Өстемір ауылындағы «Миклашов» жеке кәсіпкерлігі кондитер өнімдерін өндірумен айналысып келеді. Өткен жылы ол 195 тонна өнім өндіріп, 30 адамды жұмысқа тартқан.

Жиында сөз алған ауыл тұрғындары М. Жарылқасымов, Ә. Нұрәбілов, Нұрғожаев, С. Оспанов, Е. Шәкібаев бұл ауылдарда да ауызсу тапшылығы, электр қуаты кернеуінің төмендігі, жолдың сапасыздығы сынды түйткілді мәселелердің барын ортаға салды. Әсіресе, ауылдық аурухананың толыққанды іске қосылуына кедергінің шығуы, «жедел жәрдем» қызметінің өз деңгейінде еместігі, маман тапшылығы тұрғындардың бас ауруына айналған.

Кездесуде Талғар ауданының бас сәулетшісі Марат Рысбеков көпшілікті тұрғын үйлерді заңдастырудың жолдарымен таныстырса, аудандық кәсіпкерлік палатасы үйлестіру бөлімінің маманы Жасұлан Сейтқали «Бастау-бизнес» бағдарламасы бойынша оқып, қалаған кәсіпті ашуға болатынын түсіндіріп өтті. Толғақты мәселелерді түйіндеген аудандық мәслихат хатшысы Ж. Еңкебайұлы тұрғындар айтқан ұсыныстілектердің аяқсыз қалмайтынын уәде етіп, жұртты жұдырықтай жұмылып, ауызбіршілікте еңбек етуге шақырды.

Сан мыңдаған сайлаушының аманатын арқалаған депутаттар осылайша ауданның барлық елді мекендерінде тұрғындармен кездесіп, сан тарау сауалдар мен ұсыныс-пікірлерге ден қойды. Енді көпке ортақ маңызды мәселелердің шешімін табуын күтеміз.

Талғар ауданы

■ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТ

Елімізде 2015 жылдан бастап жол бойындағы сервистік нысандарды Ұлттық стандартқа сәйкестендіру жұмысы қолға алынған. Содан бергі 3 жылда республикалық, облыстық маңызы бар жол бойындағы жанармай құю бекеттерін Ұлттық стандарттың D категориясындағы талаптарға сәйкестендіру жұмысы жүргізілді. Басында үш жыл уақыт өтпейтіндей сезіліп еді. Әне-міне, дегенше, шекті мерзім бітіп, ағымдағы жылдың 1-шілдесінен бастап Ұлттық стандарттауға арналған заң күшіне еніп, іске аса бастады.



Қызмет көрсету сапасы қаралды

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Өткен жылы қолданысқа берілген Алматы – Талдықорған жолы көптің көңілінен шығып келеді. Дегенмен, жол бойындағы нысандардың халыққа қызмет көрсету деңгейінің тым нашарлығы туралы жүргіншілердің наразылығы көбейіп, облыстық мәслихатқа дейін жеткен. Жүргіншілердің арызы бойынша облыстық мәслихаттың депутаттары «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ-ға депутаттық сауал жолдап, тексеріс жұмысын талап еткен. Осыған орай, «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ облыстық филиалының ұйымдастыруымен облыстық мәслихат депутаттары, облыстық экология департаменті мен облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті және облыстық төтенше жағдайлар департаментінің сарапшылары, БАҚ өкілдерінен құралған комиссия Талдықорғаннан Алматыға дейінгі жол бойындағы жанар-жағармай құю бекетін тексеріп шықты.

– Ұлттық стандарттың D категориясының талабы бойынша жол бойындағы жанар-жағармай құю бекеттерінде өлшемге сай май құю алаңы, талапқа сай дәретхана, жүргіншілер сәл тынығып, бойына әл жинап аттанатын азық-түлік дүкені болуы керек. Осы талаптарды орындамай отырған нысандар бар, – дейді «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Мәулен Әліпов.

Алдымен тексеру бағытымен танысып шыққан топ бірінші Талдықорған қаласынан шығаберістегі «Royal Petrol» жанар-жағармай құю бекетіне тоқтады. Басында комиссияның тексеріп келетінінен хабарсыз менеджерлер сасып қалды. «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ облыстық филиалы мамандарынан тексерістің мән-жайын білгеннен кейін комиссия жұмысына атсалысып, барын көрсетіп, жоғының себебін алға тартты. Тексеріс барысында біраз былықтың беті ашылды. Соның ішінде Қапшағай қаласындағы «Гауһартас» және Шеңгелді ауылындағы «Шеңгелді» жанар-жағармай құю талапқа сай дәретхана жоқ болып шықты. Дәретханасы болса, суы жоқ, суы болса, септігі болмаған май құю бекеттері сылтау іздеп, шыр-пыр етті. Кейбір май құю бекетіндегі дәретханалардың ақылы қызмет көрсетіп жатқаны да белгілі болды.

«Royal Petrol» және «Газпромнефть» жанар-жағармай құю бекеттері Ұлттық стандарттың барлық талабына сәйкес келеді. Дегенмен, олардың кейбіреуі ақылы қызмет көрсетуде. Ондағы қызмет құны 50 теңгені құрайды екен.

– Біз май құю бекеттеріне дәретхананы ақысыз жаса деп талап ете алмаймыз. Бірақ, жүргіншілер мұнда көліктеріне жанар-жағармай құю үшін тоқтайды. Демек, оларға ақылы қызмет көрсетіледі. Сондықтан дәретханалардың ақысыз болғаны жөн, – дейді облыстық мәслихаттың депутаты Жанболат Жүргенбаев.

Осы сұрақты жанар-жағармай құю бекеттеріндегі менеджерлерге қойып көріп едік. Жүргіншілерді кінәлап, олардың тазалық тәртібін сақтамайтынын алға тартты. Осы келеңсіздіктің алдын алу үшін кейбір бекеттер дәретханаларға құлып салып, тек пайдалануды талап ететіндерге ғана ашып береді екен. Сондай-ақ, тексеріс барысында жұмыс істемей тұрған май құю бекеттері де кездесті. Іле ауданының Байсерке ауылындағы «Avis» май құю бекеті жұмысын тоқтатқанын ескертіп, қақпасына сатылымға шығарғаны туралы жарнама тақтай іліп қойыпты.

Расында, жол қауіпсіздігі мен жолдағы жолаушының баратын жеріне алаңсыз жетуі үшін де жол бойындағы сервистік нысандар заманға лайық болуы керек. Сондықтан «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ облыстық филиалы жол бойындағы жүргіншілердің сәл аялдап демалып, ары қарай сапарын алаңсыз жалғастыруы үшін Талдықорған – Алматы автожолының бойындағы екі нүктеге заманауи халыққа қызмет көрсету орнын ашуды қолға алыпты. Оның бірі Талдықорғанға кіреберіске, енді бірі Арқарлы асуында салынуда. Көп өтпей құны 23 млн. теңге тұратын қос нысанға тендер жарияланып, жұмысын бастамақ. Сонымен қатар, «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ облыстық филиалы автожолдың бойындағы дәретханаларды қайта жаңғыртып, заман талабына сай жабдықтап шығуды жоспарлап отыр.

Жалпы, облыста 160 жанар-жағармай құю бекеті болса, осы ретте комиссия 16 нысанды толықтай көріп шықты. Тексеріс соңында журналистер сұрағына жауап берген «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ облыстық филиалы пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы Ринат Мырзагелдиев:

– Біз осы жолы тексерілген нысандардағы Ұлттық стандарттың талабын орындамай отырғандарға бір ай көлемінде қағазша ескерту береміз. Оны орындамаған май құю бекеттеріне жергілікті билікпен бірлесе отырып, әкімшілік шара қолданып, оны орындатуға күш саламыз, – деді.

● Біртүйер

Ерінбей еңбек етсең,
Ерінің асқа тиеді.
Ерінің ілбіп кетсең,
Иегің тасқа тиеді.

■ БӘРЕКЕЛДІ!

Астана EXPO аймағындағы Astana Hub ғимаратында «Жылдың үздік жас кәсіпкері» байқауы мен жастар жобалары көрмесінің қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау салтанаты өтті. Байқау «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын дамыту аясында кәсіпкерлік қызметті жүргізіп жатқан 16–29 жас аралығындағы талантты жас буынды қолдау мақсатында тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр.



Үздіктер марапатталды

Айгүл БАЙБОСЫНОВА, "Жетісу"

Байқауға елдің барлық өңірінен 50-ден аса қатысушыдан өтініш түсті. Қызмет көрсету, өнім өндіру, оқыту, IT-технологиялар саласындағы жобалар ұсынылды. Марапаттау рәсімінде «Атамекен» ҚР ҰКП Төралқасы Хатшылығының төрайымы Ләззат Рамазанова қатысушыларды құттықтады.

– Жас кәсіпкерлерде идея көп, олар кәсіпкерлікті қолға ала отырып, ел экономикасының қарыштап дамуына өз үлестерін қосуды мақсат тұтады. Жастар ұсынған жобалар әралуан, барлығы табысты деп айтуға лайық. Жастардың идеялары үлкен жобалардың бастауы. Кәсіпкерлер палатасы жастар арасындағы жұмысты одан әрі жалғастырады, – деді Ләззат Рамазанова.

Конкурсқа түскен жұмыстарды сараптау комиссиясы бағалады. Көпшілік дауыспен Шымкенттен келген 26 жасар Тәнірберген Есполовтың бизнес-жобасы үздік деп танылды. Жас жігіт жасанды ротангты тиімді пайдаланып, «Royal comfort» тоқылған жиһаз фабрикасын құрған.

Байқауда 2-орынды Ақтөбе қаласының кәсіпкері Арман Сәкішев алды, ол әлемдік стандарттар бойынша жұмыс істейтін «Dental-centre» клиникаларының желісін ашқан.

3-орынды талдықорғандық Елдос Баялышбаев иеленді. Жас жігіт жол-көлік оқиғасынан кейін мүлде жүре алмады. Бірақ, емдік дене шынықтырудың және массаж бен өз күшіне сенудің арқасында ол алдымен орындыққа отыруға үйреніп, екі айдан кейін өздігінен қозғала бастады. 2014 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына қатысып, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорттық-сауықтыру орталығын ашуға 3 миллион теңге көлемінде грант ұтып алған. Қазір Елдос мүмкіндігі шектеулі және БЦП диагнозы бар адамдардың қозғалыс белсенділігін қалпына келтіруге көмектеседі.

– Әрине, осы байқауда жеңіске жеткеніме өте қуаныштымын. Қазіргі уақытта тағы бір жобаны жүзеге асырдым және Алакөлде ерекше күтімді қажет ететін адамдарға арнап мамандандырылған жалғыз пансионат салдым, – дейді Елдос Баялышбаев.

Жас кәсіпкерлер арасындағы «Жылдың үздік кәсіпкері» байқауында екібастұздық Виктория Волошина ынталандыру сыйлығына ие болды. Ол байқауға лазерлік нақыштау және ағаш, мата, тері, қағаз, гранит, мәрмәр, металл және пластиктен жасалған кәдесый өнімдерін шығару жобасын ұсынған болатын.

«Жылдың үздік жас кәсіпкері» байқауының марапаттау рәсімі аясында жастар жобаларының көрмесі де өтті. Көрме қорытындысы бойынша Кеген ауданынан «SmartBook» жобасының авторы Бақтияр Бақытқелді 600 мың теңге көлеміндегі 1-орын мен сыйлықты жеңіп алды.

*– Бұл жоба баспа өнімдерін жаңа технологиямен байланыстыруға бағытталған. Яғни, кітап, газет-журналдарға цифрлық қолданбалы әдістерді енгізу арқылы оларды әртүрлі формат*та оқуға мүмкіндік береді. Жоба елдің цифрландыру саясатына сәйкес білім берудегі мәселелерді шешуге оң әсерін тигізеді,* – дейді «Жылдың үздік жас кәсіпкері» атанған Бақтияр Бақытқелді.

Көрмеде 2-орынды Жетісу жерінің тағы бір өкілі талдықорғандық Олжас Закиров иеленді, ол инновациялық-композициялық материалдан санитарлық-техникалық бұйымдар шығарумен айналысады. Олжас 400 мың теңгеге ақшалай сыйлық алды.

3-орын мен 300 мың теңгені павлодарлық Валерия Наркизованың жобасы алды. Ол «Жасмин» ательесін ашып, балалар комбинезонын, жаңа туған нәрестелерге арналған спорттық костюмдерді тігумен айналысады. Арнайы сыйлыққа «Smart Age» жобасын ұсынған астаналық Ғайни Кутумов ие болды. Ол смартфоннан пәтердегі розеткалар мен ажыратқыштарды іске қосуға мүмкіндік беретін құрылғыны ойлап тапқан.

СЕЛЕКТОР

ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯ КЕҢЖЕЛЕП ТҰР

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ қатысуымен өткен Үкімет отырысында инвестиция тарту, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту, көлік пен логистиканы цифрландыру қатарлы бірқатар мәселе қаралды. Осыған орай министрлер мен облыс басшылары сөз алып, атқарылған жұмыстардан есеп берді. Әрине, олардың сөзіне қарағанда бәрі дұрыс, жұмыс өз бағытымен жүріп жатқанын көруге болады.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Үкімет инвестиция тартуға ерекше назар аударуда. Сол үшін Kazakh Invest ұлттық компаниясын құрды. Оның әр өңірде филиалдары бар. Инвесторлармен жұмыс істеу үшін облыс әкімдеріне бір-бір орынбасардан бекітілді. Облыстарда инвесторларға қызмет көрсету орталықтары құрылды. Өңірлік инвестициялық штабтар да жұмыс істеп тұр. Алайда шешімін таппаған мәселелер де жоқ емес. Инвестициялар және даму министрлігінің дерегіне сүйенсек, 2005-2017 жылдары Қазақстанға 264 млрд. доллар тікелей шетелдік инвестиция тартылған. Алайда жеке инвестиция тарту көрсеткіштері төмен. Мәселен, Шымкент қаласында тікелей инвестициялар 275%-ға өскенімен жеке инвестицияның үлесі тек 65% ғана.

– Осындай жағдай Астана мен Шымкент қалалары, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында орын алуда. Яғни, жеке инвестицияны тарту жұмысы жоқ деген сөз. Сондықтан Үкімет облыс әкімдері жеке инвестициялар тарту көлемін арттыруы қажет деп есептейді. Ол үшін жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау қажет, – деді Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев.

Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбектің баяндауынша, биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 21,6%-ға өсіп, 7,5 трлн. теңгені құраған. Жалпы, Қазақстан шетелден тікелей инвестиция тарту бойынша Орталық Азияда көш бастап тұр. Өңірге бағытталған инвестициялардың шамамен 70%-ы біздің елге тиесілі. Десе де, бұл нәтижеге қанағаттанып қалуға болмайды.

Жиында инвестиция тартуда шетелдердегі Қазақстан елшіліктерінің көмегіне сүйену керектігіне де назар аударылды.

– Елшіліктердің негізгі жұмысы – инвестиция тарту. Осы орайда қай елден, қандай елшіліктің көмегімен қанша инвестиция тартылғанын анықтау керек. Сондықтан елшіліктер жұмысының өзекті тиімділік көрсеткіштеріне талдау жүргізуді тапсырамын, – деді Үкімет басшысы.

Ал Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов жыл басынан бері АҚШ-қа, Біріккен Араб Әмірліктеріне, Қытайға, Түркия мен Финляндияға жоғары деңгейдегі сапарлар ұйымдастырылғанын еске салды. Наурыз айында Тәжікстан мен Өзбекстан Президенттері Астанаға келді. Жақында Брюссельде еуропалық бизнес алыптарымен кездесу өтті. Осы келіссөздердің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 30,6 млрд. доллар болатын 135-ке жуық құжатқа қол қойылған.

«Kazakh Invest» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Сапарбек Тұяқбаевтың мәліметінше, дәл қазіргі уақытта ел аумағында шетелдік инвестициялардың қатысуымен 188 жоба тіркелген. Оның 49-ы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. 51 жобаның құжаттары әзірленуде. 74 жоба әлі пысықталып жатыр.

– 32 жоба Алматы облысына тиесілі. Жобалардың саны бойынша алғашқы бестікке Алматы облысынан бөлек Қарағанды, Ақтөбе облыстары және Астана мен Алматы қалалары еніп отыр. Ірі инвесторлардың қатарында голландиялық «Farm Frites», арабтың «Phoenix Global», австралиялық «Cedar Meats», бельгиялық «Carmeuse Group», түркиялық «Yildirim Holding», француздың «Total Eren» компаниялары бар, – дейді Сапарбек Тұяқбаев.

Оның сөзінше, инвестиция тартуға арналған өңірлік сайттарды бір порталға біріктіру қажет. Осылайша, 17 сайттың орнына бір ғана бірыңғай портал құрылады.

Үкімет басшысы осы ретте шетелдік инвесторлармен бірлесіп жұмыс жасау үшін түзілген келісімшарттардың да нәтижелі болмай тұрғанын сынға алды.

– Әр облыста инвест форум өткізу бәсекеге айналды. Расында, өңірлер осы арқылы өз мүмкіндігін көрсетуі керек. Сол форумдарда қаншама меморандумға қол қойылады. Солар іс жүзінде орындалып жатыр ма? Орындалмай жатса себебі не? Ол туралы ешкім ауыз ашпайды, – деп түйіндеді Премьер-Министр.

Осы ретте биылғы жылы инвесторлар тарапынан түрлі мәселелер бойынша 40 өтініш түсіп, оның 19-ы толығымен шешіліп, 21-і бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын айта кету керек.

Осы жағдайды назарға алған Бақытжан Әбдіұлы инвестиция тартумен қатар шетелден келетін инвесторларды тіркеуге алу, олардың балаларын балабақшамен қамту, оқу жасындағыларды оқумен қамтамасыз ету, медициналық жағдайын шешу мәселесін де назарға алу керектігін тапсырды.

«Нұр Отан» партиясы Талдықорған қалалық филиалының кезекті XXVII есеп беру-сайлау конференциясы өтіп, филиалдың Саяси кеңесіне жаңадан мүшелер сайланды. Алдымен мемлекеттік Гимнді тік тұрып тыңдаған көпшілік конференцияда қаралған бірнеше мәселе бойынша дауыс беріп отырды. Солардың алғашқысы бойынша «Нұр Отан» партиясы Талдықорған қалалық филиалының төрағасы Дастан Шалтабаев қалалық филиалға қарасты Саяси кеңестің 2017–2018 жылдары аралығында атқарған жұмыстары туралы баяндама жасап, атқарылған жұмыстарды шолып өтті.



Суретті түсірген: А. ҚАЖЕКЕ

Мәди АЛЖАНБАЙ,
"Жетісу"

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС АУҚЫМДЫ

– Құрметті делегаттар! Есеп беріп отырған 2017-2018 жылдар аралығы партиямыз үшін саяси оқиғаларға толы, нәтижелі кезең болды. Партия қатары жылдан-жылға артуда, бүгінгі таңда партия мүшелерінің санына емес, сапасына көп көңіл бөлінуде, – деген қала әкімі Дастан Шалтабаев партия атқарған жұмыстардың нәтижесін таныстырды. *– Қалалық партия филиалының 28 бастауыш партия ұйымында 11 200 партия мүшесі тіркелген. 2017-2018 жылдары біздің филиалдың Саяси кеңес бюросының 9 отырысы өткізіліп, 48 тапсырма берілген, оның бүгінгі күнге барлығы орындалып, жүзеге асырылды. Депутаттық фракцияның 10 жиналысы өтіп, онда қаралған 28 мәселе өз шешімін тапты. Қалалық партия филиалының ұйымдастыруымен 2017-2018 жылдар аралығында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің 10 отырысы өткізілді. Партиялық бақылау комиссиясы 2017–2018 жылдары 23 рейдтік шаралар ұйымдастырды. Былтыр Талдықорған қалалық партия филиалы республикалық «Ең үздік қоғамдық қабылдау» байқауында 234 аумақтық партия филиалдар арасынан 3-ші орынды иеленді. «Қазақстанның ең үздік әлеуметтік жобалары» атты конкурста Республика бойынша 50 жобаның қатарында Қарабасов Нұрболат Берікбайұлы жүлделі II орынды жеңіп алды.*

Баяндамашының айтуынша, атқарылған жұмыстар көп, жетістік мол. Солардың қатарында қоғамдық қабылдау жұмысын атап айтуға болады. Жоспарға сәйкес, қазір тұрғындар «Электронды қоғамдық қабылдау» базасымен өтініш білдіріп, өздерін алаңдатқан мәселенің шешімін тауып жатады. Соған орай бір жылдың ішінде тұрғындардан келіп түскен 752 өтініштің 173-і шешімін тапса, 648 өтінішке қажетті кеңес берілген. Сондай-ақ, Партиялық бақылау комиссиясы мен Саяси кеңес бюросының отырыстарында 43 партия мүшесінің жауапкершілігі қаралып, 15 адам партия қатарынан шығарылса, 28 партия мүшесіне ескерту берілген. Одан бөлек, партияның 9 жобасы іске асырылып, партия филиалының желілік кестеге сәйкес жоспарланған 346 шарасы ұйымдастырылған. «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы – бақытты балалық шақ», «Сәтті қадам» жобалары аясында биыл 180-нен астам шара өткен. «Қазақстанның кітапханалары: Заманауи білім орталықтары» жобасы аясында 3 коворкинг орталығы ашылса, «Жас Отан» Жастар қанаты қалалық филиалы 7 жобаны іске асырған.

Бұдан соң баяндаманы талқылауға шыққан облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі, қалалық Саяси кеңес мүшесі Ғабит Тұрсынбай мен «Алматы бояулары» ЖШС-нің директоры, облыстық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы, облыстық Саяси кеңес мүшесі Римма Салықова баяндамашының есебіне қанағаттанарлық деген баға берді.

Жиын аясында кезекті XXVII есеп беру–сайлау конференциясына 28 бастауыш партия ұйымдарының есеп беру – сайлау жиналыстарында сайланған делегаттардың өкілеттілігі бекітіліп, «Нұр Отан» партиясы Жарғысының 9-шы тармағының 6-шы бөліміне сәйкес Талдықорған қалалық партия филиалы Саяси кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

ДЕПУТАТ – ЕЛ ІШІНДЕ

КІТАПХАНАДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында халықтың өмір сүру деңгейі мен тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған алты басымдықты нақтылап берді. Оның ішінде жаркенттіктерге етене жақын ауылшаруашылығы саласына қатысты еңбек өнімділігін арттыруға және өндірілген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталған бірқатар тапсырма да бар.

Қазіргі кезде республикалық ақпараттық насихат тобы ел ішіне сапарлап келіп, жергілікті тұрғындармен кездесу өткізуде. Осы мақсатпен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Зағипа Балиева Жаркент өңіріне келіп, Көктал ауылында кітапханашылармен кездесті.

Аталмыш жиында халық қалаулысы бейнекөрсеткіш арқылы Жолдаудың алты бағытын талдап, түсіндірді. Өз кезегінде кітапханашылар бюджеттік мекеме қызметкерлерінің алдағы уақытта жалақысының өсетіні, мемлекеттік жаңа бағдарламамен ұзақмерзімді, үстемесі төмен несиемен баспана алу мәселелері жайлы сауалдарын қойып, оған тиянақты, тұжырымды жауап алды.

Басқосуды Панфилов ауданының әкімі Темірлан Бектасов қорытындылап, Астанадан арнайы келген Зағипа Яхияқызына тұрғындар атынан алғысын білдірді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі мен Жазушылар одағы бірлесе отырып, елдің тыныштығы мен жеріміздің бүтіндігін қамтамасыз етіп отырған жауынгерлер мен ақындардың кездесуін ұйымдастырған еді. Сарбаздардың рухын асқақтату және қаламгерлер мен журналистерге шекарашылардың тыныс-тірлігін таныстыруды мақсат етken бұл шара «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тұңғыш рет қолға алынды.

ҚАЛАМ мен ҚАРУ ұстағандар кездесті

Алматыдан ертелеп шыққан автобус «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік даңғылына түсіп алып, тақтайдай түзу жолмен аз уақытта Шонжы ауылына жетіп үлгерген. Осы жерде орналасқан ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі «Шығыс» өңірлік басқармасына қарасты 2534 әскери бөлімінің құрамы ақын-жазушылар мен журналистерді құшақ жая қарсы алды. Бөлім бастығы, полковник Бауыржан Тасимов бастаған шекарашылар қонақтарға жауынгерлердің күнделікті өмірін таныстырып, жаттығу алаңын, кітапхана мен Мәдениет үйін, жатын орындары мен моншасын көрсетіп шықты. Мұнтаздай таза әрі оңтайлы етіп жасалған қалашық іші әскери тәртіп пен ұқыптылықты бірден аңғартады.

Таныскаңнан кейін Шонжы ауылдық Мәдениет үйінде жауынгерлермен, әскери қызметкерлердің отбасы мүшелерімен және тұрғындармен кездесу өтті. Салтанатты шараны ашқан ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметі БАҚ-пен жұмыс және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бастығы, полковник Қанатбек Солтанов өз сөзінде:

– Елбасы бастамасымен елімізде Рухани жаңғыру болып жатқан кезде Отан қорғаушылардың қай замандарда да идеологиялық майданның алғы шебінен табылып келген ақын-жазушылармен кездесуі маңызды оқиға деп санаймын. Отанымыздың Рухани жаңғыруы әр адамның жан дүниесінің жаңғыруына тікелей байланысты екені анық. Ортақ әуенге әркім өз жүрегінің үнін қосатын осындай ұлы көште негізгі камертон қаламгерлердің қолдарында болуы заңдылық деп есептейміз.

Шекара және оның сенімді күзеті – мемлекеттіліктің белгісі. Бұл тұрғыдан алғанда шекара күзетінің берік қолда екендігін жұртшылық арасына насихаттау ұлтты ұйыстырудың, әлеуметтік бірегейліктің, қазақстандықтарға өздерін қауым ретінде сезіндірудің, түптеп келгенде, мемлекетті сақтаудың негізгі бағыттарының бірі. Халқымыз үшін киелі болып табылатын «Қара шаңырақ», «Атамекен», «Бабалар молалары» сияқты ұғымдар жиналып келіп тұтастай туған жер, Отан ұғымын құрайды. Оларды жау табанына таптатпау «Арым – жанымның садағасы» деп білетін шекарашы ұландар үшін – негізгі міндет.

Тарихтағы батырлардың туған және жерленген орындарына зер салсақ – шекара бойы. Ендеше шекарашылар – кешегі батырлардың тікелей мұрагерлері. Шекарашылардың оң имиджі республикамыздың сыртқы абырой-беделінің де маңызды бөлігі. Осылайша өз ойын өрбіткен ҚР ҰҚК Шекара қызметінің бөлім бастығы Жазушылар одағымен бірлесе атқарар, ізгі дәстүрге айналар қарым-қатынастан үлкен үміт күтетінін жасырмады.

Осыдан кейін ақындар Бейбіт Сарыбай, Әбубәкір Қайран, Болат Үсенбаев, Қанағат Әбілқайыр, Мақпал Мыса, Бекжан Әшірбаев сахнаға кезек-кезек көтеріліп, елдің шетін қорғап жүрген жауынгерлерге деген ыстық ықыластарын жеткізіп, өлеңдерін оқыды. Сонымен бірге, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің аға офицері, майор Наурызхан Ғазизұлы өзінің өлеңге өгей бала емес екенін танытып, рухты жырларын шабыттана оқыса, аудан өнерпаздары кездесуді әнмен көмкеріп, әуенмен әрледі.

Ақын-жазушылардың шекара аймағына сапары мұнымен аяқталмады. Ертеңіне қонақтар «Бұдыты», «Поляна» шекара заставаларында болып, Қытай елімен арадағы қауіпсіздіктің қалай атқарылатынын өз көздерімен көрді. Олар жауынгерлермен бірге атқа мініп, шекара сызығын бақылап, арнайы үйретілген иттердің қызметін де тамашалауға мүмкіндік алды. Шонжы шекара отрядының штаб бастығы, подполковник Рауан Қонқабаев, отряд командирінің тәрбие, әлеуметтік-құқықтық, идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Қанат Құсманов ақындарды өз қарауындағы бөлімдердің жұмысымен таныстырып, елдің тыныштығы мен қауіпсіздігі қалайша атқарылатынын көрсетті.

Қуат ӘБІЛ
Үйғыр ауданы

ЖИЫН-ТЕРІН

Күріш дақылы – таптырмас тағам әрі дертке шипа. Соны бағамдаған Жетісу жұрты «ақ маржанды» күтіп-баптаудың озық үлгісін көрсетіп келеді. Бүгінде күрішті ору науқаны аяқталуға жақын. Астықтың басым бөлігі қамбаға құйылды. Түсім мол болғанымен ауа райының күрт төмендеуі өнімділікке кедергі келтіріп жатқан сыңайлы. Оған қарамастан шаруалар алға қойған жоспарды межелі күнге дейін бітіруді көздеп отыр.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
"Жетісу"

КҮРІШ ОРАҒЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Ақ күріш – Балқаш ауданының байлығы. Қазір де шаруалар күннің қолайсыздығына қарамастан жаздай күтіп-баптаған дақылдарын күзгі жауын-шашынға ұрындырмай жинау үстінде. Жалпы, биыл аудан бойынша 8900 гектарға жуық жерге күріш егілген. Бұл дақылға орақ салған дикандар қазір егіс алқабының 8000 гектарын дестелеп, қалған 7800-дей гектар жерді бастырып үлгерді. Оның өнімділігі 40 центнерден айналуда.

– Ауданымыздың ауыз толтырып айтар мақтанышының бірі осы. Егіншілікті қолға алған шаруалардың ешқайсысы ерінген емес. Десе де биылғы ауа райы күріш үшін қолайсыздау болып отыр. Көктемнің кешігіп келуі көп кедергісін келтірді. Қазір күннің күрт суытуы да адамдардың дегбірін қашыруда. Соған қарамастан өнімді жинау науқанын аяқтап қалдық, – дейді аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Дәрібаев

Жетісу өлкесінде ақ күріштің басым бөлігі Балқаш ауданында өсіріледі. Ол үшін аудан бойынша 67 комбайн мен 80-нен аса тасымалдау техникасы жұмылдырылған. Сонымен қатар, жиын-терін уақытында егіншілер Үкімет тарапынан жанар-жағармайды нарықтағы бағадан 25 теңгеге арзан алады. Олардың қатарында ауданда ұзақ жыл бойы күріш өсірумен айналысып келе жатқан «Өтес-Ақдала» шаруашылығы да бар. Осы орайда аталмыш шаруашылықтың бригада басшысы Исатай Жүнісбаевпен тілдескен болатынбыз.

– «Өтес-Ақдалада» 18 жыл жұмыс істеп келемін. Шаруашылық жағдайы жаман емес. Заман ағымына қарай техникамыз да түрленіп келеді. Жаңа техникалар жұмысты ілгерілетуге өз ықпалын тигізуде. Сондай-ақ, жұмысшыларға да сеп, – деген ол шаруашылықтың қазіргі жай-күйімен таныстырды.



«Өтес-Ақдала» шаруашылығы 1998 жылдан бері егінмен айналысып келеді. Құрылымы заман талабына сай кешен қазір өңірімізді күрішпен толықтай қамтамасыз етуге күш салған. Озық үлгідегі неміс технологиясымен жабдықталған зауытта техника тілін жетік білетін 21 адам қызмет істейді. Олардың орташа жалақысы 70 мың теңге көлемінде. Кәсіпорынға тиесілі 10 мың гектар суармалы жер бар. Онда жыл сайын 2 мың гектарға күріш егіліп, өзге де дәнді дақылдар себіледі.

– Үшінші жыл қатарынан «Анаит» сортын егудеміз. Қазір 1000 тоннаға жуық өнім келіп түсті. Соны өңдеп жатырмыз. Күріш сұранысқа ие дақыл. Көпшіліктен әзірге шағым түскен емес. Тұтынушылар тәттілігі мен жұмсақтығын жарыса айтуда, – дейді зауыт меңгерушісі Ақмарал Нұрланқызы.

Иә, ала жаздай төгілген тердің өтеуі – бітік өскен әрбір дәнді ысырапсыз жинап алу қажет. Бұл жауапты науқанда қамшы салдырмастан абыроймен жұмыс атқарған басқа да шаруашылықтар жетерлік. Атап айтсақ «Бірлік» ЖШС, «Динара» ӨК, «Өркен Дала» ЖШС. Сонымен қатар, жекелеген шаруашылықтар да егін орағын ойдағыдай аяқтады.

Өңір дикандары алдағы уақытта ішкі нарықты қамтып қана қоймай, күрішті көрші елдерге экспорттауды да жоспарлап отыр.

Балқаш ауданы

ӘЛЕУМЕТ

Кәсіби біліктілігін көтерді

Қаратал ауданында Алматы қаласы әлеуметтік қызметкерлерінің, мүгедектері мен еріктілерінің «АСРИВ» қоғамдық бірлестігі «Күндізгі болу орталықтарындағы әлеуметтік қызметті ұйымдастыру әдістемесі» деп аталатын курс өткізді.

Біліктілікті жетілдіру курсына «Қараталдан» бөлек Талдықорған қаласының «Бәйтерек» және «Қамқор» орталықтарынан келген әлеуметтік қызметкерлер қатысты. Шара облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Қаратал күндізгі болу орталығының» ұйымдастыруымен өткенін айта кеткеніміз жөн.

Курста профессор-оқытушы Гүлнұр Хакимжанова мен Гүлнар Азатқызы халықаралық әлеуметтік жұмыс стандарттары, Қазақстан Республикасының заңдары мен стандарттары негізінде дәріс оқып, семинар-тренингтер жүргізді. Жиын соңында презентация жасап, түрлі деңгейлік тест тапсырмаларды орындаған қызметкерлерге сертификат табысталды. Әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін көтеру үшін еңбек етіп жүрген «АСРИВ» қоғамдық бірлестігінің президенті Гүлнұр Хакимжановаға алғысымыз шексіз.

Адам өмірінің мәні – өз ұрпағы. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар әлеуметтік қызметкерлердің тарапынан да шексіз мейірімділік, біліктілік, үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірибе қажет. Сондықтан да жаңа қоғамға сай, кәсіби шеберлігі жоғары, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті, білім деңгейі кең әлеуметтік қызметкерлер көбейе берсін демекпін.

Жібек ҚАДЫРБАЕВА,
«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Қаратал күндізгі болу орталығы» директорының әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары

ХАБАРЛАНДЫРУ

2018 жылы облыстық бюджеттен Кербұлақ, Талғар аудандарындағы (4) су шаруашылығы нысандарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттама дайындауға қаржы бөлініп, жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы «Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы N 135-ө Бұйрығына сәйкес, төмендегі нысандар бойынша **ағымдағы жылдың 12 қарашасында сағат 15.00-де** қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіндігін хабарлайды.

№	Атауы	Мердігер
1	Алматы облысы Кербұлақ ауданындағы «Енкол, Аралтөбе» су қоймасының күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу	«Ж.Р. Жәнекенов атындағы жобалау институты» ЖШС Алматы облысы Талдықорған қ., Д.ҚОНАЕВ к-сі, №20 БИН/ИИН 940140001145 БИК KCJBKZKX ИИК KZ678560000000010039 АО "Банк ЦентрКредит" Тел.: 87282251385 Басшысы Галиев Рустем Сабитович
2	Алматы облысы Талғар ауданындағы «Саз Талғар 2а» су қоймасының күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу	"Гидротехник Жоба" ЖШС Алматы облысы, Талдықорған қаласы, САМАЛ, 3 ш/а "а", № 41 БИН/ИИН 060240008667 БИК KCJBKZKX ИИК KZ648560000000168494 АО "Банк ЦентрКредит" Тел.: 87282256585 Директор Жакаев Канатжан Егинбаевич
3	Алматы облысы Талғар ауданындағы «Саз Талғар 5» су қоймасының күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу	"Гидротехник Жоба" ЖШС Алматы облысы, Талдықорған қаласы, САМАЛ, 3 ш/а "а", № 41 БИН/ИИН 060240008667 БИК KCJBKZKX ИИК KZ648560000000168494 АО "Банк ЦентрКредит" Тел.: 87282256585 Директор Жакаев Канатжан Егинбаевич
4	Алматы облысы Талғар ауданындағы «Саз Талғар 7» су қоймасының күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу	"Гидротехник Жоба" ЖШС Алматы облысы, Талдықорған қаласы, САМАЛ, 3 ш/а "а", № 41 БИН/ИИН 060240008667 БИК KCJBKZKX ИИК KZ648560000000168494 АО "Банк ЦентрКредит" Тел.: 87282256585 Директор Жакаев Канатжан Егинбаевич

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қоғамдық тыңдауды өткізу туралы ақпараттар:

– Қоғамдық тыңдау 2018 жылдың 12 қарашасында, сағат 15.00-де «Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, мекенжайы: Қабанбай батыр көшесі, №26 өтеді.

– «Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, қоғамдық тыңдауды өткізуге жауапты су шаруашылығы бөлімінің басшысы М. Керімжанов, жұмыс тел. 8(7282) 32-90-91; басқарманың қабылдау бөлмесінің тел. 8(7282) 32-96-94.

– ұсыныстар мен ескертулерді жіберуге арналған электрондық поштаның мекенжайы – 271230@mail.ru;.

– жоба бойынша құжаттама орналастырылған интернет-ресурстың мекенжайы – http://ush.zhetisu.gov.kz/

– жоба материалдарымен қағаз түрінде танысуға болатын орынның мекенжайы – «Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, су шаруашылығы бөлімі (№219 кабинет,

тел: 32-90-91) мекенжайы: Қабанбай батыр көшесі №26.

– мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган – «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

– тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, су шаруашылығы бөлімінің тел. 8(7282) 32-90-91; басқарманың қабылдау бөлмесінің тел. 8(7282) 32-96-94.

– тапсырыс берушінің ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекенжайы 271230@mail.ru.

– құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері жоғарыдағы кестеде көрсетілген.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№120 (18540)

Сейсенбі, 30 қазан, 2018 жыл.

■ ЖАЙДАРМАН

Алматыға барсақ Талдықорғанға қайтқымыз келіп тұрады. Бұл сөзді облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Талдықорған қаласының орталық алаңындағы субұрқақтың ашылу салтанатында айтты.



ЖЕТІСУ ТӨРІНДЕГІ ЖЕТІ СУБҰРҚАҚ

Мұхтар КҮМІСБЕК,
“Жетісу”

Үлкен үйдің кенжесіндей сырбаз да сәнқой қаламыздың күн санап құлпырып келе жатқанына ел куә. Кеше ғана сапарлап келген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев өңірімізге оң бағасын беріп, мерейімізді бір тасытқан еді. Енді, міне, орталық алаңда әуенді субұрбақ ашылып, мерейімізді одан әрі асқақтатты. Қуаныштың қосарланып келетіні қандай жақсы! Салтанатты шарада алдымен сөз тізгінін алған өңір басшысы қала тұрғындарына ақ тілегін арнап, осы бір ерекше сәттің куәгері болғанына қуанышты екенін жеткізді.

– Құрметті қауым, бүгін біз керемет кештің куәсі болып отырмыз. Жаңа ашылған әуенді субұрқақ халқымыздың игілігіне жарар деген ойдамын. Бұл нысан әсіресе жастардың көңілін баурап алатынына күмәнім жоқ. Қаламыздың көркін одан әрі әрлеп, келген қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлайтынына сенімім мол. Талдықорғаннан асқан сұлу шаһар жоқ. Алматыға барсам, Талдықорғанға қайтқым келіп тұрады. Қаламызды жандандыруға бірге күш салайық, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Одан кейін Талдықорған қаласының Құрметті азаматы Оралбек Жақиянов, тұрғындар атынан Елена Руслановна өңір басшысына өз алғыстарын білдіріп, жиналған жұртқа лебіздерін арнады. Құттықтаулар аяқталысымен облыс әкімі Амандық Баталов көпшілікпен бірге оннан кері қарай санап, әуенді субұрқақты іске қосты. Артынан аспанға отшашулар атылды.

Шара соңы Айдана Меденова бастаған эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала-концертке ұласты.





Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Мақал айтудан жарысты

С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасында «Ұлт тілі – ұлының үні» атты мақал-мәтел сайысы өтті.

Байқаудың мақсаты – жастардың бойындағы тіл мәдениетін көтеру және ұрпақты тіл тазалығына баулу. Сонымен қатар, көнеден келе жатқан мұрамызды қастерлеу.

Мақал-мәтел бәйгесіне қаламыздағы белді оқу орындарының өрендері қатысты. Атап айтсақ, Талдықорған медицина, заң, агротехникалық және «Білім» колледждерінің студенттері мақал-мәтел айтудан жарысқа түсті.

Іргелі оқу орындарынан жиналған мақалшылар өзара топ құрып, сайыс шеңберінде өз шеберліктерін дәлелдей білді. Шара жастардың мақал-мәтелдерді қаншалықты шебер меңгергендіктерін жан-жақты ашып көрсету үшін 5 түрлі кезеңнен тұрды.

Байқауда талапкерлерге «Латын әліпбиі – өркениет жолы» деген тапсырма ұсынылды. Бұл – бұрын-соңды сайыстарда қолданылмаған кезең. Онда талапкерлер өздеріне ұсынылған кириллмен берілген мақал-мәтелдерді латын графикасына негіздеп жазу керек. Сол арқылы қаншалықты жаңа заман талабын орындай алатындықтарын байқатады. Бірақ бұл сыннан 5 топ та сүрінген жоқ.

Көрермендер де жалынды ұрандарымен қатысушы командаларға қолдау танытып, жарыстың көркін қыздырып отырды.

Қорыта келгенде, «Білім» гуманитарлы-техникалық колледжінің намысын арқалап келген «Ұлан» тобы қатарынан оза шауып, бәйгеден бірінші келді. Тұғырдың екінші сатысына Талдықорған заң колледжінің «Білімділер» командасы жайғасса, үздік үштікті Талдықорған политехникалық колледжінің «Аламан» тобы түйіндеді. Бабы келісіп тұрса да, бағы сәл бәсеңдеу болған Талдықорған медициналық колледжінің «Бәйтерек» тобы мен Талдықорған агротехникалық колледжінен келген «Қыран» тобына ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Сайыс соңында барлық қатысушылар мен жеңімпаздар ұйымдастырушылар тарапынан дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жеңілдікпен несие алады

“Қазақстан Халық Банк» АҚ-да «Жетісу» шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасы бойынша кәсіпкерлер жылдық 8,5 пайызбен жеңілдетілген несиемен қамтамасыз етіледі. Кепілдік жеткіліксіз болған жағдайда «Даму» қоры кепілдік береді.

Бүгінгі таңда аталмыш бағдарламаның пайдасын «Несіпбала» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Ғабит Жылқыбаев көруде. Ғабит Ақтайұлы 2016 жылы кәсіпкер ретінде тіркелді. Шеңгелді ауылында «Несіпбала» мейрамханасын салды. Екі қабаттан тұратын ғимараттың жалпы алаңы 650 шаршы метрді құрайды. Бұл мейрамханада Шеңгелді ауылының тұрғындары әртүрлі іс-шара өткізеді. Жеке кәсіпкер аталған бағдарлама аясында жылына 8,5 пайыз несиеге қол жеткізді.

Алынған қаражат мейрамханаға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге жұмсалмақ. Бағдарлама облыс кәсіпкерлері үшін Қарасай және Іле аудандарын қоспағанда, жылына 8,5 пайыз деңгейінде жүзеге асырылады. Несиенің сомасы 100 миллион теңгеден аспау керек, инвестициялар үшін 7 жыл, айналым қаражатын толтыру 3 жыл.

«Даму» қорында егжей-тегжейлі кеңестер беріледі және екінші деңгейлі банктер шешім қабылдағанға дейін жобаларын сүйемелдеуге тегін қызмет көрсетіледі.

Анықтама телефондары: 8 (7282) 55-87-10.

■ САЙЛАУ – 2018

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАНДЫ

Аудандық және қалалық мәслихаттардағы 290 депутаттың жетеуі белгілі себептермен шығып қалған болатын. Атап айтқанда, 4 адамның депутаттық мандатты өткізуіне әкімшілік аумақтан басқа жаққа көшуі, қалған үш адамның мемлекеттік қызметке ауысуы, денсаулық жағдайы және өз өтініші себеп болған. Осыған байланысты облыстық мәслихатқа 1 адам №17 Шамалған сайлау округінен, Қарасай аудандық мәслихатына 2 адам, Жамбыл, Кербұлақ, Райымбек аудандық және Талдықорған қалалық мәслихаттарына бір адамнан қайыра сайланды.

Күнтізбелік жоспарға сәйкес дайындық жұмыстары жүргізілген сайлау барысында 5 аумақтық, 7 округтік және 32 учаскелік комиссиялары жұмыс істеді. Ал, мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсынылған 22 адамнан тіркелгені 21. Оның ішінде «Нұр Отан» партиясынан 7 кандидат ұсынылса, өзін-өзі ұсынған 14 адам ешқандай партияға тіркелмеген болып шықты. Сайлау өткен 32 учаскеде жалпы саны 54 мың 153 адамды құрайтын сайлаушылар тізімі акті бойынша тиісті сайлау комиссияларына 8 қазанда берілген болатын. Сайлау процесін бақылауға «Нұр Отан» партиясынан 34 адам, үміткерлердің сенімді тұлғаларынан 28 адам, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарынан 10 адам өкіл ретінде қатысып, сайлаудың дұрыс өтуін қадағалады. Сондай-ақ, дауыс беруге 50 мың 541 адам қатысып, келушілердің 93,3%-ын құрады. Аймақтық көрсеткіш бойынша Қарасай ауданы 97%-ға, Жамбыл ауданы 89,4%-ға, Кербұлақ ауданы 91,7%-ға, Райымбек ауданы 89,4%-ға, Талдықорған қаласы 79,6%-ға жетті.

Қайыра сайланған 7 депутат та жоғары білімді, мамандықтары бойынша дәрігерлер, педагогтар, инженер. Бәрі де «Нұр Отан» партиясының мүшесі. Екеуі әйел. Қызмет саласы бойынша мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің басшылары үшеу, кәсіпкерлік нысандарынан екеу, қоғамдық құрылымдардан екеу. Жас айырмашылығы бойынша 30 жасқа дейін 1 депутат, 30 жастан 40 жасқа дейін 3 депутат, 40 жастан 50 жасқа дейін 1 депутат, 50 жастан 60 жасқа дейін 2 депутат.

ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

■ СЕЛЕКТОР

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысының биылғы Жолдауда халық табысын өсіру және еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіруге қатысты берген тапсырмасын орындау аясында селекторлық кеңес өткізді. Селекторлық кеңеске облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ пен өңірдегі ірі кәсіпорын жетекшілері, бизнесмендер қатысты.

ЕҢБЕКАҚЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Селекторлық жиында сөз сөйлеген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпова өңірлердегі төмен жалақы алып отырған қызметкерлер мен жұмысшылардың санын түгендеп берді. Ал облыс әкімдері 42,5 мың теңгеге дейін жалақы алатын, мемлекеттік және жекеменшік ұйымдардағы қызметкерлердің еңбекақысын көтеруде қолға алынған шараларды таныстырды.

Жиында еліміздің ірі және орта кәсіпорын басшылары да өз ойларымен бөлісті. Өз кезегінде «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Эльдар Жұмағазиев Елбасы Жолдауындағы еңбекақыны көтеру мәселесін бизнес өкілдерінің де қолдайтындығын жеткізді.

Соңында ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев Инвестиция және даму, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ақпарат және коммуникациялар министрліктеріне, облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдеріне төменгі жалақы төленетін жұмысшылар санаттарына қатысты еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз етуді және барлық жерде түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша шаралар қабылдауды тапсырды.

■ БАРМАСАҢ, КЕЛМЕСЕҢ...

ӨҢІР ҚАНТЫ Қостанайға жеткізіледі

Облыс әкімі Амандық Баталов арнайы іссапармен Қостанай облысына барды. Жетісудың төрінен келген қонақтарды қарсы алған Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов ең әуелі өңірдің тыныс-тіршілігімен таныстырып, өндіріс пен мәдени нысандарды көрсетіп шықты. Қос облыс басшылары бас қосқан жиында екіжақты ынтымақтастықты дамыту туралы меморандумға қол қойылды.

Басқосуда өзендер өрнектеген өлкеде соңғы жылдары қант қызылшасын өсіру жолға қойылғаны айтылды. Елбасының өңірімізге жасаған кезекті іссапарының бірінде түбірі қатты болғанымен дәмі тәтті қант қызылшасын өсіріп, өндірісті дамыту тапсырылғанын, осы орайда өңірдегі шаруа қожалықтарының біразы қант қызылшасымен айналысып жатқаны да сөз болды. Содан бері диқандар ащы тердің тәтті дәмін тата бастағаны да айтылды. Бір-бірінен шалғай жатқанымен ынтымақтастық байланыстың жалғаса беретіні де назардан тыс қалмады. Нәтижесінде Жетісудың құнарлы топырағында өсіп, Ақсу мен Көксу зауытынан шыққан дәмі тіл үйіретін аппақ қантымыз енді Қостанай облысына жеткізілетін болды. Оған Қостанай қаласындағы «Баян сұлу» кондитерлік фабрикасы қызығушылық танытып отыр. Алдағы уақытта дастарқаныңызда «Баян сұлу» белгісі бар конфет тұрса, Жетісудан шыққан қатты түбірдің тәтті дәмі деп сезініңіз.



(Облыс делегациясының Қостанай өңіріндегі іссапары жайлы толық материалды газетіміздің алдағы санынан оқи аласыздар)

Өз тілшіміз

БАСПАСӨЗ – 2019



«Жетісу» газетіне 2019 жылға жазылу жүріп жатыр

Жалпы жазылу:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	4644,72	4954,32	9289,44	9908,64
ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	**35469**	3020,40	3330,00	6040,80	6660,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3155,04	3464,64	6310,08	6929,28
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3291,84	3601,44	6583,68	7202,88

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз

«Жетісудың» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3600	7200
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	2000	4000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2100	4200
4.	Жалпы жеке жазылу	2300	4600

Электронды форматтағы жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3300	6600
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	1650	3300
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1750	3500
4.	Жалпы жеке жазылу	1850	3700

Jetisý

■ ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТТЫ

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында да халықтың әл-ауқатын одан әрі арттыруға ерекше назар аударып отыр. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы көлемі 1,5 есеге, ақшалай есептегенде 28 мыңнан 42 мың теңгеге дейін көбейтіледі. 275 мыңдай бюджеттік қызметкерлердің айлығы 35 пайызға өспек.

Осы мақсатқа ел қазынасынан 2019-2021 жылдарға 6 миллиард теңге бөлінбек. Еліміздің бизнес саласына жеке инвестицияларды тарту тапсырмасы міндеттелді. Кәсіпкерлік сала қарқынды дамыса, жаңа жұмыс орындарын ашуға жағдай туады. Осы ретте Елбасы «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының жұмысын 2025 жылға дейін ұзарту қажеттілігін жеткізді. Оны іске асыруға қосымша 30 миллиард теңге бөлу қарастырылмақ. Бұл 3 жыл ішінде 22 мыңдай жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Өндірілген өнімнен түскен қаражат та еселенеді. Салық түсімі де көбейеді. Импортты азайтып, халық тұтынатын тауарларды Қазақстанда көптеп шығару да Президенттің Жолдауда айтқан тапсырмаларының бірі болды.

Елбасы агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру үшін ауыл-шаруашылығындағы өңделген тауар экспортын 2022 жылға дейін көбейтуді тапсырды. *Мемлекеттік қолдау шараларын заманауи агротехнологияларды енгізуге бағыттау, аграрлық секторда әлемнің озық тәжірибелерін енгізу мәселесі айтылды. Осы ретте, Елбасы Үкіметке 3 жыл ішінде қосымша* 100 миллиард теңге қарастыруды жүктеді. Мемлекет басшысы мәлімдеген міндеттемелер іске асса, әлеуметтік саладағы өзекті мәселелер түбегейлі шешімін таппақ. Елбасы адамға қажетті білім, денсаулық, спорт сияқты мәселелерді шешу үшін нақты тапсырмалар берді. Ерекше айтып өтетіні, білім сапасы мектепке дейінгі, мектеп және жоғары оқу орнындағы білім сапасын түбегейлі жақсарту, яғни, ақыл-ой мен шығармашылық қабілетті, креативтік, сыни ойлауды одан әрі дамыту үшін жұмыс жоспары әзірленбек. Сонымен қатар, «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданбақ.

Медициналық қызмет сапасын жақсарту үшін және учаскелік дәрігерлердің жалақысын көтеру үшін бюджеттен 5 миллиард теңге бөлінеді. Бұл ретте Елбасы, ең алдымен, тұрғын үйдің қолжетімділігі, ауланың әдемілігі мен қауіпсіздігі, тіршілікке және жұмыс істеуге қолайлы елді мекеннің сапалы инфрақұрылымның болуын одан әрі дамытып, жақсарту үшін «7-20-25», «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» бағдарламаларын жаңғыртуды тапсырды. Сонымен қатар, қауіпсіздік тұрмыс сапасының ажырамас бөлігі болғандықтан, «Ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі жол картасын» қабылдап, полиция жұмысын сервистік модельге көшіру қажеттігін атап өтті.

Елбасы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру арқылы, сапа – мемлекеттік қызметші өмірінің жаңа стилі, ал өзін-өзі жетілдіру – оның басты қағидаты болуға тиіс екенін нақты айқындап берді. Биыл төрт мемлекеттік органға жалақы төлеудің жаңа моделі енгізілген болатын. Бұл пилоттық жобалар оң нәтижесін көрсетті. Мемлекеттік қызметке деген қызығушылық артты. Тиімсіз шығындарды оңтайландыру және басшылық құрамын қысқарту есебінен орта буындағы қызметшілердің жалақысы 2-2,5 есе өсті. Кадрлардың жұмыстан кетуі 2 есе қысқарды. Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттік органдар жаңа модельге көшуді қалап отыр.

Елімізді бірлік пен татулыққа шақырған Елбасы қазіргі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңыздылығын, яғни оның қоғамдағы жаңғыруға тигізіп жатқан әсері орасан зор екендігін атап өтті. Қорыта айтқанда, Елбасы Жолдауы мемлекеттік қызметкерлерге жауапкершілік жүктейтін, жұмыс сапасын жақсарту жолында қажырлы еңбек ету категорияларын анықтайтын тарихи құжатқа айналғаны сөзсіз.

Т. АЙДАРБЕКОВ,
Алматы облысы бойынша қазынашылық департаментінің басшысы

ЖАҢА ЖОБАЛАР бастауы

Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын арнады. «Ақыл – жастан, асыл – тастан» деп білетін дана халқымыздың жолымен Елбасы келер жылды «Жастар жылы» деп жариялап, олардың шығармашылық, интеллектуалдық қасиеттері мен білім-ғылым жолындағы ізденістерін танытуға мүмкіндік ашуда. Өйткені, жан-жақты білімді, ой-санасы озық жастар – мемлекет дамуының кепілі.

Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан барлық өзгеріс, технологияның қарқынды дамуы, ғылыми жетістіктердің өрлеуі тікелей адами капиталға байланысты. Осы орайда І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті студенттердің лайықты білім, тәрбие алып, мамандық сырын меңгеруіне қажетті жағдайлар жасауда.

Университет ұстаздары жастарға Елбасының өмірі мен еңбек жолын үлгі ете отырып, Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың туған жері, өскен ортасы, оқыған мектебінде болып, сыныптастарымен кездесулер өткізу мақсатында «Елбасы жолы» танымдық керуенін ұйымдастыруды қолға алмақ. Атап айтсақ, студент жастарды Қарасай ауданындағы «Анаға құрмет» мұражайымен, «Батыр бабалар» мемориалды кешенімен, Наурызбай, Қарасай батыр ескерткіштерімен, «Атамекен» тарихи-мәдени орталығымен, Елбасы білім алған мектеппен таныстыру жоспарда бар. Сонымен қатар облыстық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп университет базасында «Денсаулық» жастар медициналық орталығын ашу көзделуде. Онда студент жастарға емдеу шаралары, гинеколог, уролог, психологтардың қызметтері тегін көрсетілетін болады.

Елбасы Жолдауы ұлт саулығын сақтаумен қатар бұқаралық спортты дамытып, әр адамның денешынықтырумен айналысуына жағдай жасауды алға тартып отыр. Бұл орайда университетте барлық жағдай жасалған. Әрбір студент, оқытушы-қызметкердің бос уақытында стадионда немесе спортзалда жүгіріп, гимнастика жасап, бокс, баскетбол, волейбол, футбол ойнап, тренажер залдарына барып өз қалаулары бойынша жаттығулар жасауларына мүмкіндігі зор. Университет ректоры Қуат Баймырзаев бастаған футбол командасы аптаның екі күнінде студенттер командасымен жолдастық кездесу өткізіп тұрады. Мұндағы мақсат – салауатты өмір салтын қалыптастыру әрі жастармен қарым-қатынасты нығайту.

Жалпы университет студенттерінің спорттағы жетістіктері де аз емес. Өткен жылы еліміздің жоғары оқу орындары арасында өткен универсиадада студенттеріміз самбо, регби, ауыр атлетика, еркін күрес, садақ ату, жағажайлық волейбол, бокс бойынша 2-орынға ие болды. Жастардың денешынықтырумен айналысуына одан да қолайлы жағдай жасау мақсатында жабық жүзу бассейнінің құрылысы басталды. Бұл нысан алдағы оқу жылында студенттердің игілігіне берілмек.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті жетісулық студенттердің білім-ғылым және мәдени ордасы болғандықтан жастарға қатысты игілікті іс-шаралар осы оқу орнынан бастау алады. Елбасы Жолдауын жастар арасында насихаттау жұмыстарын және «Жастар жылына» қатысты жаңа бастамалар мен тың жобаларды қолға алып, жүзеге асыруда да университет жоспарлы істер атқармақ.

Болат СЕРИЕВ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры, заң ғылымдарының кандидаты, профессор

ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСТІ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Владислав Косарев Көксу ауданының Балпық би ауылында болып, сайлаушылармен кездесті. Аудандық әкімдікте өткен жиынды Көксу ауданы әкімінің орынбасары Нұрдәулет Кененбаев ашып, халық қалаулысының көпшілікпен жүздесуіне Елбасының жуырдағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа арнаған Жолдауының арқау болып отырғандығын жеткізді.

Өз кезегінде сөз алған Владислав Борисович Елбасының Жолдауы халықтың тұрмысын, әл-ауқатын жақсартуға бағытталғанын атап өтіп, осы орайдағы ой-тұжырымын жеткізді.

— Елбасы халықтың қамын ойлап, әсіресе, төменгі жалақы алатындардың еңбекақысын 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсіруді тапсырды. Демек, 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 1,5 есеге артады. Бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлердің де еңбекақысы 35 пайызға өспек. Осылайша халықтың тұрмысын жақсартуға баса назар аударылуда. Менің көзқарасым бойынша, қоғамда байлар мен кедейлердің болуы дұрыс емес. Адамдардың бәрі тең дәрежеде өмір сүруі керек, сонда қарама-қайшылықтар болмайды.

Бірінші кезекте білім, денсаулық сақтау саласын көтеруіміз керек. Бірақ, бұл тұста тек мемлекеттің қаржысына иек артуға болмайды. Иә, мемлекет адамның тегін білім алып, ары қарай табыс тауып, жұмыс істеуіне жол ашып беруі керек. Бірақ, өмір бойғы шығынын көтере алмайды ғой. Сондықтан ары қарай адамның өзі талпынып, кәсіп ашып, өзін-өзі қамтып, мемлекетке белгілі бір дәрежеде пайда әкелуі қажет.

Қазақстан — бай мемлекет. Бізде бәрі бар, мұнайымыз да, алтынымыз да. Endігі ретте, Елбасы айтқандай, шикізатты шетелге өткізбей, өзіміз өңдеуіміз қажет. Мәселен, терінің өзінен қаншама бұйым шығаруға болады?! Ал, біз оны қор қылып, шетелдіктерге өткіземіз немесе лақтырамыз. Бар нәрсені ұқсатып, бұйым жасап, пайдалана алмаймыз. Endігі кезекте осы тұрғыдан әрекет етуіміз керек, — деді ол.

Депутаттың жұртшылықпен кездесуінде еліміздің дамуына, ауыл халқының жақсы өмір сүруіне негіз болатын келелі әңгіме айтылып, өзекті мәселелер көтерілді. Жиналған қауым халық қалаулысының әрбір айтқан сөзін жылы қабылдады.

Бұдан соң Владислав Косарев Көксу қант зауытында болып, оның жұмысымен танысты. Мұндағы еңбеккерлермен сөйлесіп, жағдайларын сұрап білді. Қызылшаны қабылдап алудан бастап жуылып, өңделіп, қант болып қапқа тиелгенге дейінгі жұмыс барысын көзбен көріп, еңбеккерлердің жұмысына жеміс тіледі.

Алма ТОПАНТАЙҚЫЗЫ

■ ӘЛЕУМЕТ

БІРЫҢҒАЙ ЖӘРДЕМАҚЫҒА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША 2018 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП БІРЫҢҒАЙ ЖӘРДЕМАҚЫ – АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ (АӘК) ЖАҢА ФОРМАТЫ ЕНГІЗІЛДІ.

Бұл аз қамтамасыз етілген отбасылар үшін қолданыстағы әлеуметтік төлемдердің үш түрін біріктіреді: бұл төрт және одан да көп балалары бар отбасыларға арнайы мемлекеттік жәрдемақы, 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы және атаулы әлеуметтік көмек (АӘК). Жаңа форматтағы АӘК көрсету үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан (III тоқсан үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі – 28284 теңге) 50 пайыздан төмен (IV тоқсан үшін 14142 теңге) жан басына шаққандағы орташа айлық табыстың болуы бірыңғай өлшем болып табылады.

Жаңа форматтағы АӘК аясында аз қамтылған азаматтарға қолдаудың үш түрі ұсынылады:

● атаулы әлеуметтік көмекті төлеу;

● жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;

● әрбір еңбекке жарамды жұмыссыз немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматқа мемлекет тарапынан оқуға және мамандық алуға қолдау көрсетіледі, кейін жұмысқа орналастыру немесе өз ісін ашу және осы мақсаттар үшін несие беріледі.

Жаңа форматтағы АӘК 2 түрге бөлінеді: шартсыз және шартты ақшалай көмек.

Шартсыз ақшалай көмек:

– жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі жалғызілікті және (немесе) жалғыз тұратын табысы аз адамдарға:

Зейнеткерлік жасқа толуына;

Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігіне;

екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруының болуына байланысты;

– құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе жалғыз еңбекке қабілетті мүшесі жеті жасқа дейінгі балаға, мүгедек балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедекке, бөгденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтімді жүзеге асыратын табысы аз отбасыларға көрсетіледі.

Шартты ақшалай көмек:

– жалғызілікті және (немесе) жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, отбасының құрамында еңбекке қабілетті мүшелері бар табысы аз отбасыларға олар жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) қажет болған кезде әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысқан жағдайда көрсетіледі. Әлеуметтік келісімшарт жасасу шартты ақшалай көмек тағайындау үшін міндетті шарт болып табылады.

Ағымдағы жылдың 1 қазанында облыс бойынша ассистенттер үй-үйді аралау арқылы 119869 адамға (27 023 отбасы) әңгімелесу жүргізіп, соның нәтижесінде 54 958 адамға (10 620 отбасы) 1802,6 млн. теңге АӘК тағайындалды. АӘК алушылардың жалпы санынан 2 425 отбасына (9 520 адам) шартсыз ақшалай көмек, 8 195 отбасына (45438 адам) шартты ақшалай көмек тағайындалды. Шартты ақшалай көмек алушылардың жалпы санынан жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына 3 551 адам тартылды. Әлеуметтік бейімдеу шаралары 6 757 алушыға көрсетілді. Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамдар тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жүгінуі қажет.

ОБЛЫСТЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ

■ КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ



Қашаннан қазақ халқы жылқы баққан,
Жылқыға жетпеген көз жаутаң қаққан.
Мінсең ат, ішсең қымыз, жесең қазы,
Жанына халқымыздың жылқы жаққан, –

деп жырға қосқан бабаларымыз жылқыны ежелден қастерлеген. Жылқы қазақтың ұлттық сана-сезім, рухани болмыс, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен өнерінің тұтас бір айырылмас бөлігіне айналып кеткен. Жарынан кейінгі жақсы көретін жан серігі, қасиеті қанына сіңген жануар. Қазақ баласының Қамбарата түлігін төресіндей көретіні сондай, қазақ жылқы мінезді деп, өзінің мінез-құлық, бітім-болмыс, жан дүниесінің айқындаушысына айналдырып алған. Демек, қазақ үшін жылқы тектіліктің бірден-бір нышаны саналады. Осы құндылықты бүгінде өміріне шырақ, тіршілігіне арқау еткен азаматтар арамыздан көптеп табылуда. Сол мүмкіндікті пайдаланып, шаруасын дөңгелентіп отырғандардың бірі – Көктал ауылының тұрғыны Еркін ҚАЗЫБАЕВ.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

АРША КҮБІДЕ ҚЫМЫЗ ЫСТАЙДЫ

Қазақта: «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген нақыл сөз бар. Еркін Нәукенұлы да әкесінің шаруасын шалқытқан, шешеден ата-баба құндылығын санасына құйып өскен азамат болды. Жетпіске жетіп қалған Нәукен аға да көргенді елдің перзенті еді. Әкесі Нүсіп Қасымбай мен шешесі Жанар Нұрғазықызы мыңғырған байлығы болмаса да қонаққа ұсынар шайлығы бар, қысы-жазы бие байлап, қымыз сапырмаса таңдайлары жібімейтін адамдар еді. Сол көргенділік Нәукен ағаның бойына бала кезінен ұялады. Өкінішке орай, әке-шешеден ерте айырылған Нәукен аға қанша биік арман болса да бәрін төрк етіп, әке-шешеден жастай жетім қалған бес бауырын жеткізу үшін өмірдің сынағына ерте араласады. Оның бағына Гүлнар Нүсіпова апамыз құт болып кездеседі. Қанша қиындық көрсе де сыр алдырмай, бауырларының көңіліне қаяу салмай, бәрін оқытып, ержеткізіп, өмір жолын таңдауға жол ашады. Өзі де өмір бойы білім беру саласында еңбек етіп, оның денін басшылық жұмысқа арнады. Десе де, қоғамдық жұмыста жүріп, қолы босай қалғанда жылқы баптап, қой өсіріп, қосымша тіршілікпен де шұғылданады. Ал 2008 жылы зейнетке шыққаннан кейін бірден мал шаруашылығына беттейді. Оның бағына ұлы Еркін де малдың жайын білетін, әке-шешенің қиындығына иіліп тұратын азамат болып ержетеді. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ұстаздар отбасынан шыққан Еркін университетті бітіргеннен кейін алғашқы еңбек жолын мұғалімдіктен бастайды. Он жылға жуық уақытында бала оқытып, болашақты тәрбиелейді. Бірақ, кішкентайынан әкесі қолда өсірген жылқылармен жағаласып өскендіктен сол атакәсіптің тізгінін ұстап, тілін табуды ойлайды.

– Ұстаздар отбасынан шыққаннан кейін әке-шешенің жолын жалғастыру бұлжымас қағида сияқты сезілетін. Бірақ бала күннен жылқы баптап, тазы жүгіртуге құмар болып өскендіктен өз алдыма шаруа қожалығын құрып, армандаған кәсібіммен айналысқым келді. Ол кезде қолымызда қаржы тапшы, кәсіптену дегеннен де тәжірибеміз аз. Мұғалімдіктен кетсем жан баға алмайтындай сезімде болдым. Бірақ, ішімдегі атакәсіпке деген бұлқыныс ақыры мені өз дегеніне көндірді. Басында бұл ойымды әкеме айта алмай жүрдім. Бірақ, менің аңсарым жылқы бағып, қымыз ашытуға қарай ауып жүргенін әкем де сезген екен. Бір күні шақырып алып, осы жайлы сұрады. Мен ішіме бүккен жоспарымды бүге-шігесіне дейін қалдырмай айттым. Әкем жобамды қолдады, – дейді Еркін Нәукенұлы.

Басында оның шаруашылығы тым жұтаң еді. Ауладағы екі жылқыға сенім артып, оның асты-үстіне түсіп баптап, күнделікті қымызын базарға апарып сатып жүрді. Ай сайын байып кетпесе де, күн көріске жететін қызметін жол ортада тастап кеткеніне өкінген кезі де болды. Осы шаруасынан жайланып тіршілік ететін кәсіп көзінің де табыла қоярына сенбеген күндері де кездесті. Бірақ «Асықпаған арбамен қоян алар» дегендей, қымыз сатумен де қаржы табуға болатынына көзі жетті. Сонымен 2010 жылы жеке кәсіпкер ретінде «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры арқылы 3 млн. теңге төмен пайызды несие алып, оған 10 бие сатып алады. Ол кезде Көктал ауылында жылқы ұстап, қымыз сатумен айналысатын 10-ға тарта отбасы бар еді. Ал Талдықорғанға көрші ауылдардан қалаға қымыз тасып жататын шаруалардың да қарасы көп болатын. Бірақ, көзі ашық, көкірегі ояу Еркін Қазыбаев қымыз сатып жүріп, нарықтың кейбір құпиясын да ақырындап меңгере бастайды. Ол сауда жасай жүріп, шаруашылықты шалқытып, кәсіп көзін ашу үшін біріншіден, сенімділік, екіншіден, табандылық, үшіншіден, сапалы өнім шығару керектігін түсінеді.

Арудан асқан жар бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма?
Биенің сүті сары бал,
Қымыздан асқан дәм бар ма? –

деп Ақтамберді жырау жырлағандай, қымыздан асқан дәм де, ас та, сусын да жоқ. Бірақ қымызды тек қымыз сияқты баптай алған адам ғана ұстай алады. Сондықтан қазақтар: «Жылқының перісі болса, қымыздың киесі бар», – дейтіні шындық. Оның бағына шешесі Гүлнар Нүсіпова да көп көмектеседі. Жас кезінде әкешешесінен үйренген қымыз ашытудың түрлі құпиясын ұлына үйрете бастады. Апамыз қымыздың емдік қасиетін терең біледі екен.

– Қымыздың емдік қасиеті көп. Ол денені қуаттандырады. Құрт ауруының алдын алып, ауырған адамның қайта қалпына келуіне жақсы ықпал етеді. Саумалды ем ретінде буын ауруына ішсе тіпті пайдалы. Салданудың алдын алады. Жаңа босанған келіншектің сүтін молайтып, нәрлі етеді. Ашыған қымыз шөлді басып, қантамырды қордаланған зиянды қалдықтардан тазартады. Іш қатудың алдын алады. Ашығудан кейін қымыз ішу буын ауруларына өте пайдалы. Бүйрек пен бауырды қанықтырады, қан тамырларын тазалайды. Буын аурулары мен сүйектің қақсауын, жүйкенің жұқарын, бас ауналуын, созылмалы сары ауру (гепатит), ұйқысыздық, ішектегі жара (гастрит) сияқты аурулардың алдын алады немесе жеңілдетеді. Қымыз адамның физикалық жағдайын жақсартады, тәбетін ашады, ас қорытуды жақсартады. Оның құрамында 28 түрлі микроэлемент, көптеген дәрумен бар», – деп қымыздың қасиетін тізіп берді.

Осы тұста Еркін сөзге араласып:

– Ең алғаш жылқы ұстап, кәсіптене бастағаннан бері 10 жылға жуық осы сөзді күнде естіп келемін, – деп күлді.

– Күнде емес, сағат сайын, минут сайын қымыздың адам денсаулығымен тікелей қатысты екенін естен шығармауымыз керек. Көзбояушылықпен қымыз саудалау берісі адам ағзасын бүлдірсе, ең жаманы ұлттық құндылықты бұзады, – деп қосты шешеміз.

Жасыратыны жоқ, қазір қымыз сататындар көп болғанымен, оның дені қымыздың көлемін көбейту үшін түрлі әдіс-амалға жол беріп жатады. Су қосады, қымыранды көбейтеді немесе басқа түліктің сүтін араластырып сата салады. Тіпті, қымыз баптаудың да жолын білмейтін қымыз сатушылар көп. Осы тұрғыдан келгенде Нәукен отбасының биелерді қолда бағу мен қымыз баптаудағы өзіндік қалыптасқан қағидасы бар. Олар ең алдымен биелердің күтіміне ерекше көңіл бөледі. Бір қызығы, бүгінде Еркін бағымындағы жиырма шақты биені күндіз жайып, түнімен сауады. Әрине, қымыздың құрамындағы емдік қасиеті мол элементтер бие құнарлы жерге жайылған сайын арта түсетіні бар. Таң ата Талдықорғанның іргесіндегі Көктал ауылының Талды көшесіндегі үйден өріске шыққан жылқыны жылқышылар Ескелді ауданына қарасты Қоңыр ауылына дейінгі аралыққа жайып қайтады. Көбінесе жылқыны даланың мал аяғы тимеген изен, жусанды аумаққа қарай жаяды. Ал кешке қарай үйге оралған соң түні бойы арпа, бидай, ұн, тұз, тағы да басқа қымызды құнарландыратын жемшөпті үзбейді. Әрбір бие күніне төрт келе жем жейді. Осындай күтімге алынған биелер сүтті көп беріп қалмастан саумалы мен қымыз бал татып тұрады. Оның ағзаға пайдалы жағы одан да көп екендігі анық. Бие басынан күніне орта есеппен 10-12 литр сүт алса, кей биелер 15-17 литрге дейін сүт береді екен.


Еркіннің тұтынушыларының дені сырқатына ем іздеген жандар. Олар кешке қарай келіп, жаңадан сауылған саумал ішуді әдетке айналдырған. Саумалдың бағасы да қалыпты, 600 теңге. «Ең бастысы, саумал ішіп, ауру азабынан айығып жатқан ауылдастарымды көріп іштей қуанып тұрамын», – дейді кәсіпкер азамат. Ал бие сүтінен қымыз ашытып сатады. Сатып алатындардың да, тапсырыс беретіндердің де қатары көп. Оларға қымызды Нәукен ағамыз өзі жеткізіп береді. «Басында қымыз алатын адам таппай қиналушы едік. Міне, енді қымыз бітіп қалды деп айтудан қиналатын болдық», – дейді Нәукен ағамыз. Өйткені олардың қымыз баптауының да отбасылық құпиясы бар.

– Біз қымызды арша ағашынан ойып жасаған күбіде баптаймыз. Бұл күбіні Шымкенттен арнайы тапсырыспен алдырып едім. Әсілінде арша ағашы әрқандай ортада микробты өлтіріп, заттың тазалығын сақтайды. Олар аршадан жасалған күбіге заманауи технологияны пайдаланып, электронды піспек орнатып қойыпты. Кеш батқаннан таң атқанша электр желісіне қосылған піспек жай, ритммен қымызды пісіп, бабында ашытуға сеп болады. Осы тұста арша ағашынан жасалған күбіні тек біз пайдаланатымызды айта кеткен жөн. Көршілеріміз көбіне пластмасса ыдыстарға қымыз ашытатындықтан, оның иісі шығып кететіні белгілі. Ескеретін бір нәрсе – күбіні жиі ыстап отыру керек. Ысталған күбіде ашытылған қымыз әрі дәмді, әрі ұзақ уақыт сақталады, – дейді Еркін Қазыбаев.

Басында екі биемен жұмыс бастаған кәсіпкердің қорасында бүгінде 20-ға тарта бие сауылады. Ал оның жыл сайынғы төлінің еркектерін бордақылап, базарға шығарып сатып отырса, ұрғашыларын қатарға қосып, биенің санын көбейтеді. Айталық, екі бие небәрі 10 жылда өсіп, жиырмаға жетіп отыр. Биелердің басы көбейген сайын оларға жұмсалатын шығым да көбейіп келеді. Оны күтіп-баптайтын адам күші де арта түскен. Бүгінде бұл шаруаның басы-қасында Еркінмен бірге тағы да оның алты ауылдасы жүр. Бірі жылқы бағады, бірі сауады, енді бірі жем береді, сондай-ақ, күн сайын биелердің денсаулығын қарап, емдеп отыратын мал дәрігері де бар. Онсыз болмайды. Өйткені, биенің дені сау, түрлі дерт-дербезден аулақ болғанда ғана сапалы да құнарлы қымыз өндіруге болады.

– Мен бұрын Қызылағаш жылқы зауытында 30 жыл мал дәрігері болып жұмыс жасадым. Кейін қалаға көшіп келіп, Еркін бауырыммен танысып, бүгінде оның бие шаруашылығын өркендетуге септесіп жүрмін. Жасыратыны жоқ, жылқы түлігінде 510 түрлі ауру болады. Бірақ тілсіз жануар оны айта алмайды. Қашанда жылқының ішкен-жегені оның сүтіне тікелей әсер ететінін ескерсек, жылқы ауруынан уақытында сезіп, емдеп отырғанда ғана сақтануға болады. Рас, қазір бие байлап, қымыз сатып отырғандар көп. Бірақ сауданы ойлап, аурудан келетін зардапты ескермей жүргендері бар. Еркін осы жағдайды ескеріп, мені көмекке шақырды. Ұсынысын қабылдап, бес-алты жыл болды, осында мал дәрігері болып істеп жүрмін. Айына 50-60 мың жалақы төлейді. Былай қарағанда, бұл Еркінге де аз шығым әкелмейді. Бірақ, өзін емес, елдің жайын ойлаған осындай кәсіпкер жігіттің жұмысы алға басып, нәсібі артпағанда қайтсін, – дейді мал дәрігер Өміржақ Әбішев.

Өкінішке қарай, Нәукен ағамыз өмір бойы тап-таза адам болу жолында еңбек еткендіктен қолында құқығы тұрғанда да бір адым артық жер меншіктенбепті. Отбасылық кәсіпті жалғастырып отырған Еркін Қазыбаевты қинап жүргені де жердің жоқтығы. Сондықтан жұрт қалаған кәсібін тек ауыл ішіндегі аядай аулада жүргізіп келеді. Алдағы уақытта сарқырап су аққан тау бөктерінен жер алып, қора салып, атакәсіпті бұдан ары өркендетпекші.



Суреттерді түсірген: Ж. МҰСАБЕКОВ

«Жігітте де жігіт бар, базар тонның бауындай» дегендей, ауласына жиырмаға жуық бие ұстап, қымыз баптап, кәсіптенген Еркін Қазыбаевты осындай азаматтар қатарына қосуға болады. Әрине, 100 биенің қымызын сатып, құлшынып жүргендер көп. Бірақ, оның бәрі елдің алғысына бөлене қойды дегеннен аулақпыз. Қымыз іштік деп қымыран жұтып, езілген қатықтың дәмін татып жататынымыз жасырын емес. Осындай адам санасын қым-қуыт қулық жайлаған кезде адалдықпен кәсіп етіп, тұтынушылардың көңілін дөп басып жүрген Еркіндей азаматтың ісіне алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Мүмкін, осы жазбаны оқып шыққан соң: «Асыра мақтап, жақындық танытып отырған жоқ па?», – деген ойға да бойлап қалатыныңыз анық. Егер сондай бір қиял бойыңызды билесе 87029418676 немесе 87014929521 нөмеріне телефон шалып, саумал не қымызға тапсырыс берсеңіз үйіңізге дейін жеткізіп береді. Сондай-ақ, отбасында қымызды қалай ұзақ сақтаудың жолын да көрсетіп кетеді. Мақтанғанымыз емес, арша күбіде ысталып, бапталған нағыз қазақы қымыздың дәмін татып, шөліңізді басатыныңызға сеніміміз көмілі. Осылай бізге де, қымыз сатып шаруасын шалқыта бастаған Еркін Қазыбаевқа да сеніміңіз нықталып, оның тұтынушысына айналып шыға келесіз.

■ ДӘСТҮРЛІ ӘН

Санаттың салған әндері-ай!



Халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, белгілі әнші Санат Исаевтың алғашқы есеп беру концерті өтті. Қуанарлығы сол, Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрының залы көрерменге лық толды. Эстрада өнерпаздарының әуендері басым түскен мына заманда халық шығармаларын сүйіп тыңдайтын жұрттың да аз емес екені бәрімізді тәнті етті. Әсіресе, бұл қатарда жастардың жүргені сүйіндірді.

Болат МӘЖИТ,
"Жетісу"

Шымылдық ашылғандағы көрініс ерекше әсерге бөледі. Айлы түн, табиғат аясында бір топ өнерпаз отыр. Кешегі сал-серілердің думанды сәттерін көзге елестетеді. Гүлдей жайнаған қыз-жігіттер әнші Санат Исаевты қаумалап алған. Концерттің «Алатау алабында» деген тақырыппен мазмұндалғаны осындай үйлесімдермен өрілді.

Әнші репертуарынан байқағанымыз, Санат бұл концертке мол дайындықпен келген екен. Арқаның кең тыныстыәндерін еркін меңгерген. Жетісу әндерінің ішкі иірімдеріне терең бойлауға тырысқан. Жалаң айқайдың жетегіне ермей, әуезділіктің сырларына үңілген. Айтылатын әндердің философиясы мен суреттеріне көңіл бөлген. Сондықтан әуелеген әсем саз «құлақтан кіріп, бойды алды».

Концерттің кіріспесінде Біржан салдың «Айтбайы» шырқалды. Ән аяқталған кезде сатырлай соғылған шапалақ театр күмбезін жаңғыртты. Ғасырлар сүзгісінен өткен, халықтың жүрегіне ұя салған шығармалар уақыт талғамына сай дами түсетіні анық.

Бұдан кейін Санат салған әсем әндер бір-біріне жалғасты. Жаяу Мұсаның «Көгершіні», Балуан Шолақтың «Ғалиясы», Кенен Әзірбаевтің «Көк шолағы», Үкілі Ыбырайдың «Гәккуі», Иманжүсіп Құтпанұлының «Иманжүсібі» тыңдаушыларды желпіндірді. Жанды дауыспен орындалған әндердің жөні бөлек қой. Бойға қуат, ойға күш дарытады. Тынысың кеңіп рахаттана демаласың. Оның үстіне Санат әрбір шығарманы орындаудың алдында жиналғандарды әннің шығу тарихынан хабардар етіп отырды. Бұл да концерттің танымдық ерекшелігін байыта түсті.

Аталған есептік концерт – Санат Исаевтың ондаған жылдар аясындағы ізденістерінің жемісі. Бір сәт әншінің өткен жолдарына үңілсек көп нәрсені аңғарамыз. Кеген ауданы, Түменбай ауылында дүниеге келген Санат бала кезінен-ақ өнер жолын ұнатты. Армандары алға жетеледі. Себебі, ол өскен әулет өнерлі шаңырақ атанған. Әкесі Ауғанбай кезінде Алматыдағы эстрада-цирк колледжінде Болат Сарыбаевтың сыныбында тәлім алыпты. Бірақ тұрмыстық жағдайға байланысты оқудан қол үзуге тура келген. Сол асыл армандар бертін келе Санаттың санасына көшкен екен. Оған әкесі қуанбаса, қарсылық білдірмепті.

Нәтижесінде 2001 жылы Санат Қаскеледегі Мәдениет колледжін, 2006 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын бітірді. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Рамазан Стамғазиевтің сыныбында шығармашылығын шыңдады.

Шәкіртінің алғашқы есептік концертіне келген Рамазан аға оны әнімен қолдап, ақ тілегімен қанаттандырды. Бүкіл бағдарламаны мойнына жүктеп, алғаш рет ел алдына дара шығу, әрине, оңай емес. Толқитын сәттердің болатыны заңдылық. Ұстазы соның бәрін айта келіп, Санаттың келешегіне зор сеніммен қарайтынын жасырмады. Сонымен қатар, өнердегі әріптесі, республикалық байқаулардың лауреаты Амангелді Күзембай да ән шырқап, өнер кешінің шырайын кіргізді.

– Ақан сері бабамыздың мұрасы мені өзіне ерекше тартты. «Балқадишаны» алғаш рет радиодан естіген сәтте-ақ дәстүрлі әнге аңсарым ауды, – дейді өткенді еске алған Санат. Консерваторияға үміткер болып келгенде Санаттың дауысын Қайрат Байбосынов танып, ары қарай Рамазан Стамғазиев әншінің жігерін жанып өнерпаздың жолын ашқан екен.

Концерттің келесі бөлімі «Алатау» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің сүйемелдеуімен өтті. Әншінің орындауындағы Қапез Байғабылұлының әні «Үш Меркі», халық әні «Тойбазар» және Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзіне жазылған Бекболат Тілеуханның «Елім менің» әндері қанатын қаққан сұңқардай әуелеп көкке самғады.

Аспантаулар өлкесінің аса дарынды композиторы атанған Қапез атамыздың шығармасы орындалғанда жұрттың толқымағаны жоқ. Өткен ғасыр қойнауынан жеткен баба дауысы көпшілікті бір толғандырса, Қапез атамыздың жасы тоқсаннан асқан қызының көрермен болып залда отырғаны ешкімді бейжай қалдырмады.

Есептік концертте ұзын саны жиырмаға жуық шығарма орындалды. Соның бәрін санаулы уақыт ішінде жанды дауыспен айтып шығу, әрине, оңай емес. ҚазҰУ-дағы Студенттер сарайында үйірме жетекшісі, одан кейін №175 жаңа ғасыр мектеп-гимназиясында ұстаз болып шәкірт тәрбиелеген Санаттың аяқ алысына көрермен қауым оң бағасын берді.

Кеш соңында Алматы қалалық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиев дәстүрлі әнге мемлекет тарапынан зор көңіл бөлініп отырғанын айта келіп, ұлттық өнерімізді ұлықтаған әншіге сәт сапар тіледі.

Алматы қаласы

■ АКТУАЛЬНО!

ИНСУЛЬТ И ПРОФИЛАКТИКА БОЛЕЗНЕЙ СИСТЕМЫ КРОВООБРАЩЕНИЯ

Инсульт это – кровоизлияние в мозговые оболочки в результате нарушения деятельности сосудов мозга. Факторы, которые могут спровоцировать инсульт – повышенное артериальное давление, сахарный диабет, повышенный уровень холестерина, ожирение, отсутствие физической активности, курение и избыточное употребление алкоголя.

Риск инсульта с возрастом увеличивается, но инсульты могут происходить, и происходят, среди взрослых людей в любом возрасте.

Доказано, что прекращение употребления табака, уменьшение потребления соли, потребление фруктов и овощей, регулярная физическая активность и предотвращение вредного употребления алкоголя снижают риск развития сердечно-сосудистых заболеваний.

Одним из важнейших способов профилактики инсульта является полноценное сбалансированное питание с учетом всех макро и микронутриентов. Зачастую риск инсульта можно значительно сократить всего лишь исключив из рациона рафинированные и жирные продукты.

О том, что у пациента есть признаки инсульта можно узнать по следующим симптомам:

– внезапное онемение мышц лица, онемение мышц рук и ног, в большинстве случаев эти симптомы поражают одну сторону (справа или слева);
– невнятная речь;
– нарушение и помутнения зрения;
– шадкая походка, человек запинается, иногда падает;
– безпричинная головная боль.

Профилактика инсульта:

– Правильное питание, здоровый образ жизни, создать благоприятную атмосферу в семье, соблюдение прописанного врачом лечение болезней системы кровообращения;
– контроль за артериальным давлением;
– регулярное проведение электрокардиограммы;
– отказ от вредных привычек (распития спиртных напитков и курения);
– контроль за уровнем холестерина в крови.

Вышеперечисленные меры предостерегают от инсульта. Помните, болезнь легче предупредить, чем лечить!

А. СМАЙЛОВА,
специалист АОЦПФЗОЖ



■ ӨЛЕҢ-ӨРНЕК

Ауыл күзі

Күз келіп тұр сансыз бояу жағынып,
Мөлдір шықтан маржан алқа тағынып.
Жаз ақырын жылжып кетіп барады,
Уақыттың тәртібіне бағынып.

Жапырақтар жерде жатыр үзіліп,
Қараушы едім жазда оларға қызығып...
Тұрғанымен көңіл шіркін бұзылып,
Көкіректе ояу әлі жүз үміт.

Күз келіп тұр, елге ырыс арқалап,
Қарт қарайды күнге көзін қалқалап.
Жердің беті құрақ көрпе секілді
Жапыраққа жата кетсем шалқалап.

Көшкен қара бұлттарды жөңкіліп,
Жетелеген секілді ме жел тұрып?
Диқан су боп қалмасын деп астығым,
Қырман жаққа бара жатыр ентігіп.

Анау-мынау кем-кетігін қолға алып,
Отбасы, ошақ қасыменен қамданып.
Күн суытпай алайық деп өткізіп,
Біреулер жүр тойды ойлап, толғанып...

Күз келіп тұр сыйлап бізге береке,
Қыс қамымен оянады ел ерте.
Қарап тұрсам, ауыл үшін қарбалас –
Күз айының әрбір күні – мереке!

Ислам-Ғали ҮРКІМБАЙҰЛЫ

Утеряные св-во о гос. регист. № 14791202-1907-23 от 27. 07. 2012 г. и Устав ТОО «BAY-ALEM» БИН: (120740016622), считать недействительными.

■ МӘҢГІЛІК ЕЛ

Қарапайым халықтың тілек-мүддесін ескеріп, жоғын түгендеп, барын бағалай білетін жомарт жандардың ықпалымен мемлекеттің әлеуеті көтеріліп келеді. Осы орайда Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясы аясында көптеген игі бастамалар іске асты.

Бейбітшілік бесігі

Мәңгілік ел болуымыз үшін татулықты ту етіп, ынтымақ пен берекеде күн кешуіміз керек. «Мәңгілік Ел» сөзінің астарында мәңді мағына жатыр. Ата-баба рухымен ұлттық санамызды жаңғырту – барлығымыз үшін үлкен міндет. Еліміздің басынан қиын күндер өтті. Соның өзінде қазақ елі жеңілмеді. Бірліктің арқасында бір-біріне демеу болып, тек алға ұмтылды. Қиыншылықты татулықпен жеңді. Жеңіс оңай келген жоқ. Аналарымыздың көз жасымен, аталарымыздың батырлығымен осындай елде өмір сүріп жатырмыз. Оны әрі қарай көркейту – біз үшін үлкен мақтаныш.

Жайдарлы жастары, кеңесші қарттары, қамқор аналары, еңбеккөр балалары тұрғанда қазақ елі мәңгі тұра береді. Кең-байтақ, шұрайлы жеріміздің көркіне көз тоймайды. Соңғы уақытта ішкі туризм де дамып, шетелден келетін қонақтардың саны артуда. Жүрегі елім, жерім деп соғатын, қазағым дейтін жандар өте көп. Бүгінгі таңда өмірге келіп жатқан жас ұрпақ – ертеңгі қазақ елінің болашағы. Олардың санасына «Мәңгілік Ел» идеясын сіңіріп, мән-маңызын ұғындыру басты ұстанымымыз. Ол үшін ұлттық мұрат бағытына қарай батыл бетбұрыс жасауымыз керек. Сонда ғана өскелең ұрпақ төуелсіздік таңымен арайлап атқан азаттықтың қадір-қасиетін жете сезініп, өзін Мәңгілік Елдің патриоты ретінде таныта алады. Қазақстан халқының мәңгілік мұратына айналған бұл ұлттық идея бір сәтке де санамыздан өшпеуі тиіс. Әсіресе, ұрпаққа ұлағатты тәрбие беретін педагогтардың басты ұстанымы бола бермек. Егер бүгінгі бүлдіршінді халқымыздың жарқын болашағы мен еліміздің кемел келешегі үшін еселі еңбек ететін, адалдықтың ала жібін аттамайтын азамат ретінде қалыптастырсақ, онда мақсатымыздың толық жүзеге асқаны.

Қасиетті қазақ топырағы әлі де талай дарындар мен таланттарды өмірге әкелер. Әрқашанда ақ мекеніміз қазақ елі бақ қонған, несібелі, ырысты мекен болсын. Елімізде тыныштық заман болып, жеріміздің ырыс-құт арылмасын деп тілейік.

Фариза ТҰРАРОВА,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің магистранты, «Greenwich» білім беру орталығының оқытушысы

Боралдай бекетінде «БетонСтройМастер» ЖШС жанасу кірме теміржолына «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» жобасы бойынша 2018 жылы қарашаның 22-і күні сағат 10.00-де Қарасай ауданы Елтай ауылдық округінің әкімшілігінде ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Тапсырыс беруші – «БетонСтройМастер» ЖШС.

Жергілікті атқарушы органдардың Қарасай ауданы Елтай ауылдық округінің әкімшілігі ММ өкілі – Абжан Бекжан Абжанович, тел.: 8 (72771) 34-1-84. Жобаны әзірлеген ЖҚ Курмангалиев Р.А., тел.: 8 (771) 753 37 58.

Қоршаған ортаға әсерін бағалау материалдарымен akimat.eltai@mail.ru сайты арқылы танысуға болады.

Барлық ескертпелер мен ұсыныстарды мына мекенжайға жөнелте аласыздар: ktzheng@mail.ru

* * *

Производится общественное слушание в форме открытого собрания по проекту «Оценка воздействия на окружающую среду» «Примыкание подъездного железнодорожного пути ТОО «БетонСтройМастер» на ст. Бурундай» 22 ноября 2018 года, в 10.00 часов в акимате Елтайского с/о Карасайского района.

Заказчик – ТОО «БетонСтройМастер».

Представитель местного исполнительного органа ГУ акимат Елтайского с/о Карасайского района – Абжан Бекжан Абжанович, тел.: 8 (72771) 34-1-84.

Разработчик проекта – ИП Курмангалиев Р.А., тел.: 8 (771) 753 37 58.

С материалами ОВОС можно ознакомится на сайте: akimat.eltai@mail.ru

Все замечания и предложения направлять по адресу: ktzheng@mail.ru

■ БІЛІМ

ЖАҢАТАЛАП АУЫЛЫНДАҒЫ №25 ОРТА МЕКТЕПТЕ «ӨЗ БАЛАҢА ҮЛГІ БОЛ» ТАҚЫРЫБЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ. ОҒАН ҰСТАЗДАР МЕН АТА-АНАЛАР ҚАТЫСТЫ.

Үлгілі бол

Шараның мақсаты – мектеп пен отбасы арасында ынтымақтастықтың берік іргетасын қалау, балаға психологиялық қолдау көрсету, кәсіби көмек беру.

Жиын барысында білім алу жауапты кезең екендігі, мектепке бару баланың өмірін айтарлықтай өзгертетіні, жаңа жағдайға оқушыны бейімдеуде қалай көмек беруге болатыны жайында сөз қозғалды. Осы орайда ата-аналарға көптеген мағлұмат берілді.

Расында 1-сынып оқушылары үшін өмірдің ең маңызды сәті – мектеп табалдырығын аттаған кезеңі. Баланың болашағы бұл кезеңнің қаншалықты сапалы қаланғанына байланысты. Өйткені бала 1-сыныпта қалай қалыптасса, 11 жыл сол деңгейде білім алып, ортада өзін ұстау дағдысын меңгереді.

Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы үшін мектеп пен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастық, сыйластық пен сенім болуы шарт. Осы орайда конференция барысында жоғарыда аталған мәселелерді шешу жолдары айтылып, ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша жасалған бейнекөрсетілім ата-аналар назарына ұсынылды.

О. ТЕМІРБЕКОВА,
№25 орта мектебінің педагог-психологі
Іле ауданы

■ КЕЛБЕТ

Ізденіс биігінде



ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОРЫ ЗЫЛИХА КАНАЕВА БОЛАШАҚ ЭКОЛОГ МАМАНДАРҒА ЖҮЙЕЛІ БІЛІМ БЕРІП, КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ОРАСАН ЗОР ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН ҒАЛЫМ ҰСТАЗ.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Ол 1958 жылы қазіргі Түркістан облысында туды. 1981 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетін бітіріп, инженер-химик және химия оқытушысы мамандығын алғаннан кейін еңбек жолын орта мектепте мұғалімдік жұмыстан бастады. Кейіннен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің коллоидты химия кафедрасында зертханашы қызметін атқарды. 1996 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетінің катализ және техникалық химия кафедрасына аспирантураға түсіп, 1999 жылы академик, профессор К. Жұбановтың жетекшілігімен «Металл оксидті негізіндегі модифицирленген композитті электродтардың белсенділігін анықтау және оларды нитроқосылыстардың электртотықсыздандыру реакцияларына пайдалану» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ұстаздың осыдан кейінгі өмір жолы ғылым жолындағы ізденіс, шәкірт тәрбиелеудегі талпыныс, отбасын аға жетелеудің жауапкершілігін орындау сияқты салмақты жолдармен өрілді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ химия факультетінде, Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ «Қолданбалы экология» кафедрасында доцент болды. Ал өткен жылдан бері І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде география және экология кафедрасында профессор міндетін атқаруда.

Осы уақыт аралығында оның жетекшілігімен 28 бакалавр жұмысы, 10 магистрлік диссертация қорғалды. Шетел және республикалық басылымдарда 150-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбегі жарық көрсе, 1 оқулықтың, 3 монографияның, 7 оқу құралының, 12 оқу-әдістемелік нұсқаулықтың, үш электрондық оқу құралының авторы, екі тапқырлық патенті бар. Зерттеу нәтижелері Ресей, Польша, Болгария, Чехия, Қытай, Түркияда өткен халықаралық конференциялармен және симпозиумдардың жинақтарында жарық көрді.

Педагогикалық қызметпен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де табандылықпен шұғылданып келеді. Қазақстан Республикасы уран кен орындарының әртүрлі технологиялық ерітінділерінде тионды бактериялардың таралуы мен ролін ғылыми зерттеумен айналысады. Отандық ғылымға қосқан үлесі мен ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын жеңіп алды. Ғылымның дамуына қосқан үлесі ескеріліп, Ресей жаратылыстану академиясының В. Вернадский атындағы күміс медалімен, жоғары дәрежелі еуропалық дипломымен және «DiplomadiMerito» медалімен марапатталды.

Зылиха Қожамқұлқызы отбасының да ұйытқысы. Өмірлік жары Әшімхан Тоқтасынұлымен бірге үш бала тәрбиелеп өсіруде. Екі немересінің сүйікті әжесі.

Jetisý

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор
Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі – 41-10-46, бас редактордың орынбасарлары – 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы – 41-10-50, бөлімдер – 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 41-10-52, фототілшілер – 41-10-53, жарнама бөлімі – 41-10-51.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37, 279-13-86.

Меншікті тілшілер: Панфилов – 9-12-27, Іле және Қапшағай қаласы – 8-777-016-44-11. Жамбыл – 8-701-254-97-55. Талғар – 8-701-400-28-49. Қарасай – 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ – 8-701-212-00-96.

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 60-11-39 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, " Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 1571.
"Өлке тынысы" ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 43 252, оның ішінде "Жетісу" газетінің таралымы – 26 388.
Индексі – 65469.

Кезекші редактор: Айдар ҚАЛИЕВ.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№122 (18542)

Сенбі, 3 қараша, 2018 жыл.

ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

ӨРКЕНДЕУ, ДАМУ ДАҢҒЫЛЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа арналған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын үлкен ризашылықпен қабылдадық.

Биылғы Жолдаудың негізінде қарапайым адам, оның тұрмысы мен қызметі, қазақстандық қоғамның дамуы жатқаны бізді әсіресе қуантты. Елбасы бұған дейін де бизнеске қолдау көрсетіп, оны қамқорлығына алып келе жатқанын жұртшылық жақсы біледі. Бұл жолы бизнесті заңсыз әкімшілік қысымнан және қылмыстық құдалау қаупінен қорғауды арттыру бағытында жаңа қадамдарды белгілеген екен. Атап айтқанда, салықтан жалтару және көлеңкелі экономикамен күресті күшейте отырып, бизнестің өз жұмысын жаңадан бастауы үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясын» жүргізуі жеке кәсіппен айналысамын деген жандар үшін үлкен көмек болатыны сөзсіз.

Мені, «Қарасай құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы ретінде, халыққа өмір сүруге жайлы орта қалыптастыруға қатысты бағдарлама қызықтырады. Бұл, ең алдымен, баспананың қолжетімділігі, кез келген елді мекенде жайлы әрі қауіпсіз өмір сүру мүмкіндігі дер едім. Осы орайда тұрғын үй құрылысына зор серпін беріп отырған «Нұрлы жер» және қолданысқа жақында енгізілген «7-20-25» бағдарламалары жас отбасыларының баспаналы болуын жеңілдетуде. Бұл жерде жеңілдетілген ипотека мен алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесі мерзімінде қолға алынып отыр.

Білім беру – еліміздің болашағын айқындайтын сала болса, денсаулық сақтау – ұлт саулығын қалыптастыратын аса маңызды бағыт. Елбасы биылғы Жолдауында осы екі саланың бүгіні мен болашағын айқындайтын бірқатар тағдыршешті бағдарларды көрсетіп берді. Бұған жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу – қаржыландыру мәселесін айтарлықтай жақсартатыны сөзсіз. Халқымыздың денсаулығы жақсы, өскелең ұрпақ білімді әрі өнерлі болса болашағымыздың да баянды болары сөзсіз. Ендеше жер жаннаты Жетісудың жұртшылығын Жолдаудағы жобаларды жүзеге асыру үшін күш жұмылдыруға шақырамын.

Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ,
облыстық мәслихаттың депутаты
Қарасай ауданы

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ

ЗАМАНАУИ АҚСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қант қызылшасын қайта қолға алу туралы тапсырмасы негізінде әрі облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ тікелей қолдау көрсетуі нәтижесінде Ақсу қант зауытына жаңа тыныс бітіп, алыс-жақын елдің назарын өзіне аударды. Ең бастысы, зауыттың қайта іске қосылуы Ақсу ауданы мен оған көршілес жатқан Сарқан, Алакөл өңірінің қызылшашыларына үлкен демеу болды. Айта кетерлігі, биыл жаңғыртудың екінші кезеңін өткерген зауыт толық түрленген. Өнім көлемі де өткен жылмен салыстырғанда жоғары болады деп күтілуде.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"



Ақсу ауданына арнайы жұмыс сапарымен келген облыс әкімі Амандық Баталов зауыт ішін аралап, қант өндіруші мамандармен сөйлесіп, атқарылған жұмыс жағдайымен толық танысып шықты. Сонымен бірге, жаңа шыққан ақ шекерден дәм татып, берекелі іске сәттілік тіледі.

Айта кетерлігі, Ақсу қант зауытына жүргізілген жаңғыртудың бірінші кезеңінде 80 пайыз жабдық толық ауыстырылды. Бұл өз кезегінде зауыттың өндірістік қуаты мен өнімнің сапасын арттыру және шығарылатын қанттың көлемін еселеуге сеп. Биыл зауытты жаңғыртудың екінші кезеңі жүргізіліп, барлық өндірістік жұмыс толығымен автоматтандырылып, бірыңғай операторлық жүйе арқылы бақыланатын болды. Нәтижесінде, жаңа бу стансыларының шығымы 30 пайызға қысқарды. Бірегей камералық пресссүзгіш технологиясын пайдалана отырып, қызылшаны тазалау, сұрыптау, жуу, сүзу жұмыстары технологияның күшімен атқарылатын деңгейге жетті. Бұл жоспардың нәтижелі орындалуына «Жетісу» ӘКК» ҰК көмегімен сатып алынған Қазақстан және Ресей, Украина, Белоруссия, Франция, Германиядан жеткізілген 119 бірлік технологиялық жабдықтың көмегі көп тиді.

«Ақсу қант зауыты» ЖШС бас директоры Самат Надирбаевтың айтуынша, жүргізілген жаңғыртудың нәтижесінде, зауыт тәулігіне 2,5-3 мың тонна қант қызылшасын өңдейтін деңгейге жетіп, өнімділік 11,5 пайызға артқан. Жұмысшылардың жалақысы да көтерілген. Қазіргі орташа жалақы 75 мың теңгені құрайды. Зауыт басшысы Елбасы Жолдауын қолдау мақсатында келесі жылдан бастап зауыт жұмысшыларының жалақысын тағы да 15-20 пайызға көтеретінін жеткізді.

Облыс әкімі сапар соңында журналистер сұрағына жауап беріп, өңіріміздегі қызылша өсірудің келешек жоспарымен бөлісті.

Өңір басшысының айтуынша, биыл облысымызда қант қызылшасы егілген егіс көлемі 11,2 мың гектарға жеткен. Жыл басында алқаптағы қызылшаның орташа шығымдылығын гектарына 370 центнерден арттыру жоспарланған. Жоспар толығымен орындалса, биыл жетісулық қызылшашылар 400 мың тонна тәтті түбір жинап, 42,5 мың тонна қант өндіретін болады. Соның ішінде Ақсу қант зауыты биыл 150-160 мың тонна қант қызылшасын қабылдауды жоспарлаған. Қазіргі таңда оның 80 пайызы зауытқа тасымалданып, қалғанын 15 қарашаға дейін жинап алмақшы. Өңір басшысы осындай жетістікті айта келіп, болашақ жоспарымен де бөлісті.

– Келесі жылы қант қызылшасы егілетін аумақтың көлемін 14 мың гектардан асырамыз. Тіпті, қазірдің өзінде облысымызға инвестиция құйып, қант қызылшасын өңдейтін зауыттарды қайта құрылымдауға ниет танытқан кәсіпкерлердің қатары көбейіп келеді. Айталық, Алакөл ауданындағы жұмысын тоқтатқан Бескөл қант зауыты мен Ескелді ауданындағы Қарабұлақ қант зауытын қайта іске қосуға ниет танытқан кәсіпкерлер бар. Өткен жылы толықтай жаңғыртудан өткен Көксу қант зауыты биыл толық қуаттылығымен жұмысқа кірісті. Осыған орай, жаңа жұмыс орындары ашылуда деді, – өңір басшысы.

Осы тұста аталмыш зауыттың іске қосылуының арқасында Ақсу ауданында жұмыссыздық деңгейі 4,7 пайызға төмендегенін айта кеткен жөн. Зауыт қазіргі таңда 80 000 тонна тәтті түбір қабылдапты. Оның ішінде 45000 тоннасы ақсулықтарға, қалғаны Сарқан, Алакөл аудандарының еншісіне тиесілі. Тәтті түбірді жинау әлі де жалғасуда. Жоспар толығымен орындалғанда өнім көлемі өткен жылмен салыстырғанда 30 пайызға өспек.

Ақсу ауданы

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес 2018 жылғы 7 қарашада облыстық мәслихаттың кезектен тыс XXXVI сессиясы өткізіледі

Басталу уақыты: 15.00
Өткізілетін орын: облыс әкімдігінің ғимараты, Талдықорған қ., Тәуелсіздік к., 38

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Алматы облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы «Алматы облысының 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №26-128 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
2. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы;
3. Алматы облыстық мәслихатының «Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы №-288 шешімімен бекітілген «Алматы облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасын жаңа редакцияда бекіту туралы»;
4. Қазақстан Республикасының Үкіметіне Алматы облысының шекарасын өзгерту жөнінде ұсыныс енгізу туралы;
5. Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар қатынастарының 2019-2021 жылдарға арналған тізбесін айқындау туралы;
6. Алматы облысының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы;
7. Жер қатынастарын реттеу саласындағы мәселелерді қарау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы;
8. Өзге де мәселелер.

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

2018 жылғы 6 қарашада Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің отырысы өтеді

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Облыстағы ара шаруашылығының жай-күйі, перспективалары және даму проблемалары туралы;
2. Облыстық мәслихаттың «Алматы облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы «Алматы облысының 2018 – 2020 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» № 26-128 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімінің жобасын жария талқылау;
3. Облыс әкімдігінің «Алматы облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтарды айқындау туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.
4. Облыс әкімдігінің «Барлық қуаттардың және жылу желілерінің (магистральдық, орамішілік) жылыту қазандықтарына күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қазандағы №477 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысының жобасын жария талқылау;
5. Облыс әкімдігінің «Алматы облысы бойынша тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау;
6. Облыс әкімдігінің «Алматы облысында Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы» қаулысының жобасын жария талқылау;
7. Облыс әкімдігінің «Тұрғын үй құрылысы саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.

Басталу уақыты – 15.00. Өткізілетін орны – Талдықорған қаласы, І.Жансүгіров көшесі, № 36 «Б» (Тіл сарайы).

ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ ЖОҒАРЫ



Суреттерді түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

«Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалының XXIV есеп беру-сайлау конференциясы өтіп, өңірдегі атқарылған жұмыстарға оң баға берілді. «Нұр Отан» партиясының хатшысы Фархад ҚУАНҒАНОВ, облыс әкімінің орынбасары Ақан ӘБДУӘЛИЕВ, облыстық мәслихат төрағасы Сұлтан ДҮЙСЕМБІНОВ, партияның аудандық, қалалық филиалдарының төрағалары - әкімдер, аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, аумақтық партия филиалдарынан сайланған 368 делегат қатысқан конференцияда партия Жарғысына сәйкес «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы Саяси кеңесінің, бақылау-тексеру комиссиясының жаңа құрамы сайланып, Саяси кеңестің ашық отырысы өтті.

Мәди АЛЖАНБАЙ,
"Жетісу"

Елбасының «Нұр Отан» партиясының Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы мен Жолдауларында айтылған және «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан – 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты сайлауалды бағдарламасында көрсетілген міндеттерді жүзеге асырудың нәтижесіне арналған конференцияда облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев партия филиалы Саяси кеңесінің 2017-2018 жылдарда атқарған жұмысы туралы баяндама жасап, жаңа жобалардың тиімділігі, мүмкіндігі, ұрпақ тәрбиесіне тигізер ықпалы жайлы жан-жақты айтып өтті. Өз сөзін:

– Тәуелсіз еліміз ширек ғасыр ішінде талай әлемдік қатерлерге, қиыншылықтарға қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақтан – 2050» Стратегиясы, Жолдаулары, «5 институционалды реформа: «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген міндеттер, «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуінде айтылған жайттар кезең-кезеңімен жүзеге асып, халқымыздың әл-ауқаты артуда, – деп бастаған Ғалиасқар Төлендіұлы партия жұмысындағы оң өзгерістер мен жаңару толқынын сипаттап өтті.

Баяндамашының айтуынша, есепті кезеңде аумақтық партия филиалдарында Саяси кеңес бюросының 189 отырысы өткізіліп, берілген 229 тапсырманың 187 орындалды. Өткізілген 149 депутаттық фракция жиналысында берілген 79 тапсырманың 64-і толығымен іске асты. Сондай-ақ, сапалы кадрлық резервті жасақтау мәселесі облыстық филиалдың жіті бақылауында. Соңғы екі жылдың ішінде кадрлық резервке ұсынылған 441 азаматқа қайта іріктеу жасалып, 162 адам кадрлық резервке лайық деп танылды. Осылайша сапасы мен саны сұрыпталған «Нұр Отан» партиясы жаңашылдық пен жаңалыққа толы, көпшілікке есігі ашық ортаға айналып отыр. «Цифрлық Қазақстан» жобасы аясында «Нұр Отан» партиясы ішкі саяси жұмыстарын сандық жүйеге көшіріп қана қоймай, еліміздегі IT-саласын дамытуды қолға алды. Соған орай облыстағы агротехникалық және политехникалық колледждерде іске қосылған IT орталықтардың материалдық-техникалық базасы СТЭМ – Академиясының оқыту бағдарламасы негізінде әдістемелік құжаттармен толықтырылды. Орталық жұмысымен арнайы танысқан партия Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев жоғары баға берді. Одан бөлек, облыста 20 IT сынып, IT-мектеп лицей ашылып, оқушыларға робототехника, 3Д модельдеу, бағдарламалау, Жава, Руби, арифметика негіздері, комбинаторика, болжам теорияларының негіздері бойынша білім берілуде.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының XXIV есеп беру-сайлау конференциясында айтылған жайттарды талқылау үшін жарыссөзге шыққан облыстық мәслихат депутаты Жақсылық Үшкемпіров, партияның Қарасай аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақшолпан Марат, Текелі қаласындағы «Болашақ» бастауыш партия ұйымының төрағасы Ақтолқын Ысқақова, «GULSAR» қоғамдық бірлестігінің Нұрболат Қарабасов, «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі Римма Салықова, Панфилов ауданы, Абай атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұлдана Бегімбекова, «English for Jastar» жобасының ерікті қатысушысы Кори Дикконсон, неміс этномәдени орталығының мүшесі Егор Молодцов, «Көшбасшы – 2017» жастар сыйлығының иегері Лариса Фоменко, «Жетісу» әуе компаниясы АҚ-ның «ЯК-40» ұшағының командирі Аманқос Иманғалиев есепті кезеңдегі партия жұмысына қанағаттанарлық деген баға беріп, саяси ұйымның жетістігі туралы өз ойларын жеткізді.

Мінберге көтерілген «Нұр Отан» партиясының хатшысы Фархад Қуанғанов партия мүшелеріне артылар жауапкершіліктің жүгі салмақты екендігін ұғындырды. Оның айтуынша, Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты биылғы Жолдауында айтылған, көтерілген тақырыптардың бәрі де осыған дейін қоғамның талқысына түскен өзекті мәселелер. Жолдауда нақты шешімдері көрсетілген мәселелердің қатарында халықтың табыс көлемін арттыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын реттеу, табиғи монополиялар тарифін шектеу, жолдардың сапасы, шағын және орта кәсіпкерлікті несиелендіру, қаржылық тұрақтылық сынды мәселелер жұмысы бар. Астаналық мейман, сондай-ақ, қолжетімді баспананы «7-20-25» бағдарламасы бойынша алғашқы салымды субсидиялау алдымен мұғалімдер, дәрігерлер және полиция қызметкерлеріне қатысты екендігін, соған орай жақын арада 250 мың қазақстандықтың баспанамен қамтылатынын атап өтті. Осыған байланысты жұмысты белсенділікпен, асқан жауапкершілікпен атқару керектігін алға тартқан Фархад Шаймұратұлы жетісулықтардың жұмысына сәттілік, жеміс тіледі.

Жиын соңында партияның облыстық филиалы бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы Валерий Сапожников есеп беріп, атқарылған жұмыстармен таныстырды.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ҚАЗАҚҚА ҚАНДАЙ қасиет жетіспейді? 4-бет

НЕ ЕКСЕҢ, соны орасың... 5-бет

БАҚЫТТЫҚ ғаһар белесі 6-бет

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

«Нұр Отан» партиясының хатшысы Фархад ҚУАНҒАНОВ Талдықорған қаласында жаңадан бой көтерген бірқатар нысанды аралап, тыныстіршілігімен танысып шықты.

Алдымен Оқушылар сарайына ат басын тіреген партия хатшысы әр үйірмеге бас сұғып, ондағы балалармен әңгімелесті. Әсіресе, Фархад Шаймұратұлын биыл ашылған IT-сыныптың жұмысы қызықтырды. Ынтықыласымен компьютерге үңіліп, жаңа бағдарламалар жасаумен әбігер болып отырған балғындардың талпынысына тәнті болды.

Осыдан кейін Рухани жаңғыру орталығына бас сұқты. Әр бөлмені аралап, ондағы заманауи құрылғылардың жұмыс істеу тәртібімен танысты. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстарды көріп, ризашылығын білдірді. Осыдан кейін көпшілік Салтанат сарайына жол тартты.

Қалаға кіреберіс жол бойына орналасқан көркі ғимаратта бұл күні қызу тірлік орын алыпты. Ғимарат алды әсем безендірілген көліктерге толып тұр. Партия хатшысы болашақ жұбымен иықтасып, неке қидыруға келген жастардың қуанышына куә болды. Осындай қуанышқа дөп түскен партия хатшысы жас жұптардың болашақ қадамдарына сәттілік тілеп, ағалық ақ тілегін айтты.

Салтанат сарайына көрші орналасқан театр ғимараты да көз тартады. Күні кеше ғана ашылу салтанаты өткен нысанның кескін-келбетіне партия хатшысы жоғары баға берді. Осы ғимаратта журналистер сұрағына жауап беріп, әсерімен бөліскен ол қаладағы құрылыс саласының қарқынды дамып, жаңадан бой көтерген нысандардың, тұрғындар өміріне жаңа леп әкелгенін атап өтті.

Қ. ОМАРАҚЫН

■ ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

МАҢЫЗЫ ЗОР ҚҰЖАТ

Биылғы Жолдау мазмұны жағынан ерекше және уақыт елегінен өткен «Қазақстан – 2050» стратегиясы, «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты, «5 институционалды реформаны жүзеге асыру жөніндегі Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» құжаттарының жалғасына айналды.

Елбасы Жолдауындағы негізгі пікірлер қазақстандық қоғамды жаңғыртуды жалғастыруға арналған жаңа мүмкіндіктерді көрсетті. Жолдау елдің басты байлығы – халықтың әлауқатының көтерілуіне арналды. Атап айтар болсақ, Мемлекет басшысы Жолдауында келер жылдың қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерінің 1 жарым есеге, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсетінін айтты. Сонымен қатар 3 жылдың ішінде өндеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес экспортты қолдауға 500 миллиард теңге бөлінетіндігі, басымдығы бар жобаларға қолжетімді несие беру үшін Ұлттық банктен кемінде 600 миллиард теңге көлемінде ұзақ мерзімге қаржы бөлу тапсырылды. Мұның бәрі халыққа жасалып отырған үлкен қолдау.

Биылғы Жолдау форматы мен мазмұны жағынан бұрынғылардан ерекше. Жолдауда нақты міндеттер мен мақсаттар белгіленді. Яғни, ең алдымен құжатта адам мен оның мүддесіне басымдық берілген. Демек, Жолдау бәрінен бұрын қарапайым азаматтардың мүддесін көздейді. Атап айтқанда, құжатта басты талап ретінде айлықтың өсуі мен халық табысына маңыз берілді. Біз ең төменгі жалақының бір жарым есеге артатынын да нақты біліп отырмыз. Түптеп келгенде, бұл Жолдауда қарапайым азаматтардың жағдайын жақсарту жайы қарастырылған.

Балқаштықтар да барша Қазақстан халқы сияқты Елбасы Жолдауын үлкен әсермен қабылдады. Қазірдің өзінде Жолдауды түсіндіру жұмыстары ауданымыздың әрбір ауылында қызу жүргізілуде. Әсіресе, әлеуметтік желілерде қолдау білдірушілер қатары қалың. Одан бөлек, қоғам белсенділері, бастауыш партия ұйымдарының өкілдері, мәслихат депутаттары, жергілікті кәсіпкерлер және жастар өкілдері Жолдауға қолдау білдіріп, онда нақтыланған міндеттердің жүзеге асырылуына мүдделі екендіктерін жеткізуде.

Береке НЕСІПБАЕВ,
Балқаш аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы

■ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА



Суландыру жүйесі ЖАҢАРТЫЛУДА

Елбасының бастамасымен агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті мен облыс әкімдігі 2014 жылдан бастап өңірдің суармалы жерлерін қалпына келтіру, оның ішінде шетелдік инвесторларды тарту бағытында бірқатар бастаманы қолға алды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Осыған орай, мемлекеттік кепілдік беру туралы келісімнің нәтижесінде «Ислам даму банкінің» қаржыландыруымен «ҚазСуШар» мемлекеттік кәсіпорны Алматы және Түркістан облыстарында «Ирригация мен дренажды қалпына келтіру» жобаларын жүзеге асыруда.

– Аталмыш жоба арқылы екі өңірде 136,982 мың гектар суармалы жердің суландыру жүйесін жаңалау көзделген. Оның ішінде 35,4 мың гектары облысымызға тиесілі. Атап айтсақ, Ақсу ауданынан 11,548, Алакөл ауданынан 6,0, Көксу ауданынан 13,600, Ескелді ауданынан 4,62 мың гектар жердің суландыру жүйесі жаңғыртылады. Төрт аудан бойынша қалпына келтірілетін ирригациялық жүйелердің жалпы ұзындығы 1376,5 шақырымды құрайды, – дейді «Ислам даму банкінің» жобаларды жүзеге асыру тобының жетекшісі Бақытжан Кемелбеков.

Екі облыстағы суландыру жүйесін қаржыландырудың жалпы көлемі 53 млрд. 23 млн. теңгені құрайды. Оның ішінде 48 млрд. 34 млн. теңге «Ислам даму банкінің» қаржысы, ал 4 млрд. 89 млн. теңге «ҚазСуШар» мемлекеттік мекемесіне тиесілі.

Аталмыш банк облыстың суландыру жүйесін жаңғыртуға 14 млрд. 976 млн. теңге бөліп отыр. Бұл сома тек құрылыс жұмыстарына жұмсалмайды, сонымен қатар, «ҚазСуШар» мемлекеттік кәсіпорны осы қаржымен жұмысты атқаруға керекті 89 дана мамандандырылған техника сатып алады. Ал «Ислам даму банкінің» қаржысы банк пен «ҚазСуШар» мемлекеттік кәсіпорнының келісіміне сәйкес 2020 жылдан бастап 15 жыл ішінде қалпына келтірілген су жүйесі арқылы су беру қызметінен түскен қаржымен қайтарылады, – дейді «ҚазСуШар» мемлекеттік кәсіпорны Алматы филиалы директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары Марат Әбдуалиев.

Осы жылдың сәуір айынан бері жоспар бойынша «Ескелді ауданының ирригация жүйесін қалпына келтіру» жобасына 1 млрд. 524 млн. теңге бөлініп, бүгінге дейін 732 млн. теңгесі игеріліпті.

– Жалпы Ескелді ауданы бойынша 21119 гектар суармалы жер бар. Осы жоба аяқталғанда суармалы жердің аумағы тағы да 4269 гектарға артады, – дейді Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Ермек Әпеков.

Жоспар бойынша Ескелді ауданында 263 шақырымды құрайтын 6 канал жаңаланып, 280 гидротехникалық нысан, 9,5 шақырымға Семей қаласындағы «Олжас» ЖШС-нан әкелінген темір-бетонды каналдар жаңадан салынуы тиіс. Бұл жұмысты бас мердігер «Асатай» ЖШС атқаруда. Жұмыс мерзімі 18 айға есептелген. Жоспар келесі жылдың тамыз айында аяқталуы тиіс.

– Қазірге дейін 23 көпір салынып, жоспардың 10 пайызы орындалды. Оған алажаздайғы егіншілік жұмысы қолбайлау болды. Есесіне, барлық каналдың 80 пайызын тазарту жұмысы бітті. Міне, енді егіс науқаны аяқталып, бар күшімізбен жұмысқа кірістік. Қазір 100-ге жуық адам жұмысқа тартылса, 35 техника тынымсыз жұмыс істеуде. Жұмысшылардың 80 пайызы жергілікті тұрғындар. Олар 80-150 мың теңге аралығында жалақы алады. Сондай-ақ, үш уақыт тамақ тегін беріледі, – дейді «Асатай» ЖШС Ескелді филиалының жетекшісі Кеңес Карбозов.

Ирригациялық жаңғырту жұмысы өңірдегі шаруа қожалықтарының жұмысына көп жеңілдік әкелгенін көрдік.

– Қайта жаңғыртылған каналдар жұмысымызға серпін берді. Өткен жылдары жылына 1-2-ақ рет суарылатын егістікті биыл 5-6 рет суарып алдық. Былтыр майбұршақтан гектарына 1,5 тоннадан өнім алсақ, биыл гектар берекелілігін 2,5 тоннаға жеткіздік, қызылшадан 300-350 центнерден өнім алып едік, биыл 500-600 центнерге жетті, – дейді «Дайыров» шаруа қожалығының жетекшісі Болат Дайыров.

Айта кетерлігі, жыл соңына қарай Ақсу, Көксу, Алакөл аудандарында жұмыс басталады.

Ескелді ауданы

■ ЖАЙДАРМАН

ЖИДЕЛІДЕГІ ЖАҢА ҒИМАРАТ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасын іске асыру мақсатында елімізде көптеген іс-шара жүзеге асты. Соның бірі – Балқаш ауданы, Жиделі ауылында бой көтерген заманауи фельдшерлік акушерлік пункті. Жыл басында бастау алған жаңа ғимараттың құрылыс жұмысы толықтай аяқталып, халыққа пайдалануға берілді.

Жиделі ауылына ерекше көрік беріп тұрған нысанның ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Сайран Смағұлов, аудандық мәслихат депутаты, «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы Күмісбек Ербаев, аудандық орталық аурухана директорының орынбасары Жарқын Беріков қатысты.

Алғашқы сөз алған Сайран Сейіткемелұлы Жиделі ауылының тұрғындарын құттықтап, фельдшерлік пункт ғимаратының жұмысын жүргізген мердігер «Алмас М» ЖШС-не ризашылығын білдіріп, ауыл тұрғындарына «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қанатты сөзді негізге ала отырып, ақыл-кеңесін жеткізді. Сонымен қатар, аудан әкімінің орынбасары өз сөзінде Елбасының халыққа арнаған «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты кезекті Жолдауында денсаулық сақтау саласына назар аударғанын, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға қатысты маңызды ойлар айтып, медициналық қызметтің әлеуетін арттыруға басым бағыт берілгендігін жеткізді.

Келесі сөз кезегін алған ауыл тұрғыны, ауданның Құрметті азаматы Шадыхан Апсатов: «Ұзақ жылдан бері ауыл халқының арманы болған ғимараттың ашылуы біз үшін үлкен мереке. Мұнда басы ауырып, балтыры сыздағандардың керекті емін алып, сауығып кетуіне толық жағдай жасалған. Осындай қуанышты күн сыйлаған азаматтарға ауылдастар атынан алғыс білдіремін», – деп жүрекжарды тілегін жеткізді.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ

Балқаш ауданы

■ DOING BUSINESS

ҚАЗАҚСТАН 28-ші орынға көтерілді

Бұл Қазақстан Үкіметі мен бизнес-қауымдастықтың бірлескен реформаларының нәтижесі. Биыл дүниежүзілік банктегі рейтингке тұңғыш рет Үкімет мүшелерімен қатар «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы қатысты.

Doing Business рейтингі 10 тақырып бойынша жиынтық көрсеткіштерді өлшеу әдісімен жасалады, олардың әрқайсысы бірнеше индикатордан тұрады және жеке алынған елдің жалпы рейтингіне тең әсер етеді. Құжатқа сәйкес «Миноритарлық инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша Қазақстан 1-орынды, «Келісімшарттарды орындауды қамтамасыз ету» индикаторы бойынша 4-орынды, «Құрылысқа рұқсат алу» индикаторы бойынша 35-орынды, «Кәсіпорындарды тіркеу» индикаторы бойынша 36-орынды иеленді.

Бір жыл бұрын Қазақстан кәсіпкерлік қызметті жүргізудің ыңғайлылығы бойынша 36-шы орында тұрған. Дүниежүзілік банкте Doing Business (Вашингтон қ.) мәселелері бойынша өткен кездесуге Қазақстаннан ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Серік Жұмангарин бастаған жұмысшы тобы барды. Жұмыс тобының құрамына «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының басқарма мүшесі, басқарма төрағасының орынбасары Елдос Рамазанов кірді.

Қазақстандық делегация кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелеріне негізделген заң шеңберінде жүзеге асырылатын, Қазақстандағы бизнес-ахуалды жақсартуға арналған реформаларды таныстырды. Жалпы Doing Business рейтингінің 9 индикаторы бойынша еліміздегі 7 кодекс пен 20 заңға 148 түзету енгізілді. Онда бизнес-қауымдастықтың ортақ пікірі ескерілді. Doing Business көшбасшыларының алғашқы үштігінде Жаңа Зеландия, Сингапур және Дания бар. Ресей 31-ші орынға, Беларусь 37-ші орынға, Қырғызстан 70-ші орынға, Өзбекстан 76-шы орынға тұрақтады.

АЙГҮЛ БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы және «Рухани қазына» бағдарламасы аясында облыс әкімдігі мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен «Архивтер сөйлейді», «Тарихи тұлға», «Архив шежіресі», «Электронды архив» атты төрт жоба қолға алынды.

Электронды АРХИВ

Жобалар бойынша көптеген іс-шара ұйымдастырылды. Айталық, «Архивтер сөйлейді» арқылы архив қоймаларында сақтауда тұрған құжаттардың негізінде көрме, кездесу кештері, саяхат, «дөңгелек үстел», телеарналарға сұхбат беру іске асты. Одан бөлек, Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған «Алаш қозғалысы және оның жетісулық қайраткерлері» атты жинақтың тұсаукесер салтанаты өтті. Жинақ жеке қор иесі, көрнекті ғалым, Алаш тарихының білгірі Кеңес Нұрпейістің жазған еңбектері мен мақалалары негізінде жарық көрді. «Тарихи тұлға» жобасы елімізге еңбек сіңірген Құрметті азаматтардың архив қоймасында сақтауда тұрған жеке құжаттарының негізінде іске асуда. Мысалы, Алматы облысының мемлекеттік архивінің жеке қор иесі, КСРО Халық әртісі, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисі, педагог, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазкср Жоғарғы кеңес депутаты Роза Жаманова мен Бахытбек Қошмұханбетовтың өнерлері, өмірбаяндарына қатысты «Өнердегі, өмірдегі қос жұлдыз» атты жинақтың тұсауы кесілді.

«Архив шежіресі» жобасы қоймадағы латын графикасымен жазылған құжаттарды топтастырды. «Латын әліпбиі – Рухани жаңғырудың негізі» атты көрмеде латын графикасымен басылған 1928-1941 жылдар аралығындағы архивтік құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмелері, қолжазбалар, газеттер, сөздіктер мен оқулықтар қонақтар назарына ұсынылды. «Электронды архив» жобасы мен «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесінің архив қорлары бойынша тізімдемелер мен электрондық нұсқасы жасалуда. Сонымен қатар, электронды архив жобасы архивте құжаттарды электронды түрде сақтауға мүмкіндік беретін және құжаттарды іздеу барысында уақыт үнемдейтін бағдарламалық жүйе жасақтауға жол ашты. Бүгінгі таңда электронды архив қалыптасуда, яғни, материалдық-техникалық базасы сатып алынуда. Келесі кезеңінде бағдарламаны орнату тұр. Электронды архив бірнеше күрделі мәселелерді шешеді, мысалы, ыңғайлы және аз уақытта құжаттарды іздеу, сақтау орындарын үнемдеу, құжаттарды қайтарымсыз жойылудан сақтау, ұзақ мерзімде электронды құжаттарды пайдалану, электронды құжатты бір мезгілде бірнеше сұранысқа пайдалану.

Бүгінгі таңда облыстық мемлекеттік архивте және оның филиалдарын қоса алғанда 4703 қор, 1 230 727 сақтау бірлігі бар. Архив қорлары Жетісу өлкесінің бай тарихынан сыр шертеді. Ең көне құжаттар 1850 жылдан бастау алады. Құжаттардың негізгі бөлігі Қазан төңкерісінен кейінгі уақытты қамтиды. Архив қорларының байлығы және сақтау бірлігінің көптігі бойынша республика көлемінде алдыңғы қатарда тұр. Архив қоймалары жыл сайын жаңа қорлармен толыға түсуде.

А. КАРИМЖАНОВА,
Алматы облысы мемлекеттік архивінің бөлім басшысы

■ ПРЕСС-ТУР





Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ



Өңірлік коммуникация қызметінің ұйымдастыруымен агротуризмді дамытып жатқан кәсіпкерлердің жұмысын насихаттау мақсатында БАҚ өкілдеріне арналған пресс-тур өтті.

Алдымен Қарасай ауданындағы Павел Коноваловтың «На 100% ящего меда» атты ара шаруашылығына ат басын бұрдық. Қызметін 2011 жылы бастаған омарташының кәсібі бүгінгі таңда өркендеу үстінде. Таңғаларлығы, осындай үлкен шаруашылықта төрт-ақ адам жұмыс істейді.

ТАБИҒИ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС МОЛ

Айдар ҚАЛИЕВ,
"Жетісу"

– Бізде отбасылық бизнес қарыштап дамып келеді. Ең алғаш кәсібімізді ашқан күннен-ақ көрші әжелеріміз емдік дәрілер жасасаңыздар деген ұсыныс тастады. Содан бері біз балдан түрлі өнім шығарып келеміз. Менің көмекшім – Рязань ара өсірушілер академиясының түлегі Елена Косинова жылына 20 келі корольдік желе, емдік дәрілер және түрлі ойыншықтар жасайды. Сонымен қатар, енем Валентина Косинова мен ұлым Геннадий Коновалов та бұл шаруашылыққа үлкен үлес қосуда. Қазір қазақстандықтарды айтпағанда алыс-жақын шетелден келушілер қысы-жазы үзілмейді. Апта сайын экскурсия жүргіземіз. Біздің мемлекетіміз ара шаруашылығының дамуына қолдау көрсететініне өте қуаныштымын. Айта кетейін, екінші жыл қатарынан «Еуропаның үздік балы» номинациясын жеңіп алдық. Осының бәрі экологиялық таза, ерекше және табиғи өнімге байланысты, – дейді Павел Коновалов.

Қазіргі уақытта кәсіпкер бизнесін кеңейтіп, туристер үшін барлық жағдай жасауда. Болашақта қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттау мақсатында киіз үйлер саламын деп жоспарлауда.

Осыдан кейін Іле ауданының Ақши ауылында орналасқан «Дәулет-Бекет» ЖШС түйе шаруашылығына бардық. Шаруашылық басшысы Сыдық Дәулетов өзінің қызметін «Дромедар» тұқымының бір түйесімен бастаған. Бүгінде компанияда 5 мың түйе, шағын зауыт және 7 сауда филиалы, ферма бар. Жайылымдардың жалпы көлемі – 28 800 гектар. Атакәсіпті өркендетуге барын салып отырған кәсіпкер түлік төресінің санын 15 мыңға жеткіземін деп жоспарлауда.

– Кеңес тұсында 1 миллионнан астам Ойсылқара тұқымы болған. Егемендік алғалы ол көрсеткіш күрт төмендеді. Сондықтан кең дала төсін төрт түлікке толтырып, халықты таза өніммен қамтамасыз ету керек. Менің алдағы мақсатым осы. Егер өнім көп болса экспортқа шығарамын. Қазір азық-түліктің сапасы өте төмен болғандықтан шетелде қазақтың ұлттық тағамына сұраныс көп, – дейді ол. Түлік төресінің шұбатын брендке айналдырып, агротуризмді дамытып отырған кәсіпкер тілшілер қойған сауалға жауап беріп, жұмысын кеңінен таныстырды.

Шара соңында Еңбекші қазақ ауданындағы «Apple World» ЖШС-нің шырын өндіру базасына барып, жоғары сапалы жемістердің өнімділігін және олар сақталатын жағдайларды барынша жақсарту үшін қандай сақтық шаралары қолданылатындығын көріп қайттық.

ҒАЛАМШАР

■ АУА ТАЗАРТУ ІСІ



Үндістанда ауаны жасанды жаңбыр технологиясымен тазарту ісі қолға алынды. Бұл жоба алдымен Делиде жүзеге асуда. Ауа ластануын бақылау жөніндегі басқарма мамандары мәселені жіті зерттеп, мемлекет деңгейінде жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Арнайы ұшақтар бұлтқа жауын шақыратын заттар шашады. Осы арқылы Делиді тұмшалаған түтін сейіліп, ауадағы зиянды қалдықтардың мөлшері төмендейді. Күз айларында фермерлердің астық жинаудан кейін бидай сабақтарын жағуы ауаның ластануына себеп болып отыр. Жергілікті тұрғын Уша: «Таңертеңнен бері ауа лас, түтін. Тіпті, көз аша алмайсың. Балалар сабағына бара алмай жатыр. Өзім далаға шығып едім тынысым тарылып, көзім ашыды», – дейді. Ал сырттан келген Лиза есімді австралиялық саяхатшы: «Таңертең қаланы аралайын деп көшеге шығып, біраз жер жүрген соң қонақүйге қайта оралуға тура келді. Өйткені, ауа тым лас, дем алу қиын. Есіме еріксіз елімдегі таза ауа түсіп, Австралияда бұл бағытта көп жұмыс атқарылып жатқанына көзім жетті», – деген пікірін білдірді.

■ ЛИВАНДА СУРЕТ САЛАДЫ



Бейрутте тұратын британ суретшісі Том Янгтың ермегі – Ливан сәулет өнерімен шұғылдану және сол ісінен ләззат алу. Ол көне ғимараттарды зерттеп, оларға жан бітіреді.

Қираған нысандарды қылқаламмен тірілтетін суретшінің жұмысын «Хабар 24» арнасы көрсетті. Янг ескі нысандардан шабыт алып, сурет салу ісін өмірінің соңына дейін жалғастырмақ ниетте. Кейін шығармаларын сол жерге іліп, көрермендерге көрсетеді. Мысалы, «Гранд Софар» қонақүйі – оның соңғы жұмыстарының бірі. Ол 1892 жылы Бейруттен 30 шақырым жерде тұрғызылған. Қонақүйде танымал тұлғалар, саясаткерлер мен генералдар тұрақтаған. Ливанда ескі ғимараттарды жаңартумен айналысатын бағдарламалар жоқ. Жергілікті билік жаңа тұрғын үй немесе кеңсе салу мақсатында көпшілігін құлатып тастаған. Жалғыз суретші ескі ғимараттардың қабырғасын мың түсті бояуға көмкеріп, қала көркін киргізуде.

■ ДОЛЛАР ШЫҒАРАТЫН ЦЕХ



Болгарияда 1,5 миллион доллар көлемінде жалған ақша тәркіленді. Тәртіп сақшылары қылмыстық іске қатысы бар деген үш күдіктіні Варна қаласында ұстады. Бұл туралы Болгарияның жергілікті ақпарат құралдары жазды.

Тінту кезінде ақшаны басып шығаратын техника мен құралжабдықтар табылған. Өткен айда да тәртіп сақшылары рейд жүргізген кезде алаяқтардан 14 миллион доллардан астам жалған ақша тәркілеген еді. Бұл жолы тәртіп сақшылары күдіктілерді толықтай тексерістен өткізді. Нәтижесінде, доллар басып шығаратын жасырын цехтары барын анықтады. Келешекте бұл ісі үшін қылмыскерлер қатаң жазаға тартылуы мүмкін. Халық соттан қатаң жаза қолдануын өтінуде. Өйткені, алаяқтар бірнеше кәсіпорындарға жалған ақшаларын өткізіп, сауда-саттық жасаған. Бірқатар банкнот айналымға еніп кеткен. Қазір оларды қайтару жұмыстары жүргізілуде.

■ ОН ҮШ АДАМДЫ ЖЕГЕН



Үндістанның Махараштра штатында екі жыл бойы алты жасар жолбарыс ұстатпай келген еді. Билік адамдарға қауіпті жыртқыш аңды «Calvin Klein» фирмасының ерлерге арналған иіссуының көмегімен орманнан қызықтырып шығарып, әзер ұстады.

«ВВС» мәліметтеріне сүйенсек, жолбарыс 13 адамның өмірін жалмаған. Белсенділер оның өмірін сақтап қалу үшін науқан жүргізді, алайда Үндістан Жоғарғы соты бұл жағдайға араласқан жоқ. Үндістан орман шаруашылығы қызметі мәлім еткендей, жұма күні кешкісін жергілікті тұрғындар жолбарысты байқаған. Қарулы патруль Борати ауылына барды. Жануарды тапқан рейнджерлер ұйықтататын дәрісі бар найза атқан. Бірақ жолбарыс олардың көлігіне шабуыл жасаған. Патрульдердің бірі 10 метр қашықтықтан мылтықпен атып өлтірді. Тамызда жолбарыс пен оның он жастағы екі мәулені Пандхаркавада қаласына жақын жерде үш адамды өлтіріп, жергілікті тұрғындарды үрейлендірген. Жолбарысты аулау үшін округте жүздеген бейнекамера орнатылды.

■ АСҚАБАҚ ҚАЙЫҚ



Британиялық Йорк қаласының тұрғыны Том Пирси 500 метр жерді асқабақ қайықпен жүзіп өтіп, рекорд орнатты. Бұл жайлы «Yorkshire Post» газетінің сайты хабарлады.

Том Пирси – атақты жүгері лабиринтінің қожайыны. 618 килограмм салмағы бар алып асқабақты Хэллоуин фестиваліне арнап өсірген. Артық жерін кесіп тастап, қайыққа айналдырған. Асқабақты телескопиялық жүк құралының көмегімен суға салған. Жаужүрек британиялықтың қасында құтқарушылар болды. «Шынымды айтсам, аздап қобалжыдым. 500 метрді асқабақпен жүзіп өту менің өмірімдегі ең керемет саяхат дей алмас едім», – деді Том Перси журналистерге. Өзінің айтуынша, бірнеше рет аударылып кете жаздаған. Асқабақ су ішіндегі қайықтардың ең ауыры болды. Сондықтан кейіпкеріміз Гиннесстің рекордтар кітабына енуге тілек білдірген.

Jetisý
1918–2018
№128 (18548), 17 қараша, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ

ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ ШАЙСҰЛТАН ШАЯХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ «ТІЛ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ЕНГІЗУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІН КӨПШІЛІК ТАЛҚЫЛАУ» ТАҚЫРЫБЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

Жаңа әліпби емлесі

Мәулен ӘНЕРБАЙ,
“Жетісу”

Шараға қала тұрғындары, зиялы қауым өкілдері, білім беру мекемелерінің қызметшілері мен тілтанушы ғалымдар қатысты. Жиынды Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Эльмира Мұқышева жүргізді. Бірінші боп мінберге көтерілген А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Айманкүл Алдаш жаңа әліпби негізінде әзірленген емле ережелеріндегі шеттілдік сөздер тұрғысында баяндама оқыды.

– Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру – қазақ жазуын жаңа ұлттық әліпби негізінде реформалау мәселесінің аса маңызды тұстарының бірі ретінде қазақ әдеби тілінің сөздік құрамындағы шеттілдік сөздердің таңбалануы айрықша назар аударады. Шеттілдік сөздердің негізгі құрамын орыс тілі арқылы енген латын, грек, славян, роман-герман, орыс, қытай тілдерінің тілдік бірліктері құрайды. Соңғы жылдары компьютерлік технологияға байланысты енген терминдік аталымдардың көлемі 70 пайызға жуық, – деген ол кірме сөздердің таңбалануына тоқталды. Әрі А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарды мысалға келтірді.

Ал Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы орфография бөлімінің жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанова латын графикасына көшу кезеңдерінде жүргізіліп жатқан жұмыстарды таныстырды. Сонымен қатар, жаңа әліпби негізінде әзірленген емле ережелерінің мазмұны мен құрылымын түсіндірді. Слайд арқылы халық арасында қызу талқылауда жүрген сөздердің жазылуын көрсетті.

Басқосу барысында қатысушылардан сауалнама алынып, емлені жетілдіруге арналған деректер мен ұсыныстар жинақталды. Ұстаздар қауымы сұрақ қойып, тұшымды жауап алды және жаңа емлеге байланысты пікірлерін білдірді.

Баба мұрасын жаңғырту

ЕЛІМІЗДІҢ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУІ МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА ЖАСАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМЫ ДЕП ЕСЕПТЕЙМІН. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АТТЫ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ МАҚАЛАСЫНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ ҰСЫНЫЛҒАН ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯҒА ДАЙЫНДЫҚ, ПРАГМАТИЗМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ СЕКІЛДІ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРМЕН ҚАТАР АЙТЫЛДЫ.

Бүгінгі күні әлемнің 70 пайызға жуық халқы латын әліпбиі арқылы инновация, білім мен ғылымның, экономика мен өнеркәсіптің ресурстарына енуге мүмкіндік алып отыр. Яғни, қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіруіміз – еліміздің ұзақ мерзімді даму стратегиясына үндесетін бастама. Одан бөлек, тәуелсіздік алған жылдардан бастап шетелде оқып, білім алған жастарымыздың да елімізде қызмет етуіне, қазіргі қоғамға тезірек сіңісіп кетуіне өзіндік үлесін қосады. Екіншіден, латын әліпбиіне көшу емес, оған қайта оралу деп атағанымыз дұрыс болар. Себебі, өткен ғасырдың 20 жылдары Алаш зиялылары Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейхановтардың тұсында латын әліпбиін пайдалану тәжірибесі жүргені белгілі. Яғни, қалың бұқара 1929-1940 жылдар аралығында білім, мәдениет, денсаулық сынды салалар мен кітап шығару, жазу тілін латын әліпбиінде жүзеге асырды. Осыны ескерсек, Елбасының бастамасы – тек заман талабын орындап қана қою емес, бабалар мирасын қайта жаңғырту болып есептеледі.

Латын әліпбиіне өту жүйелі әрі сатылы жұмыс екенін ерекше атап өту керек. Бірінші кезекте халықты оған дайындау жұмысы жүзеге асырылады. Латын әліпбиі таныстырылып, оның пайдалануы жетік түсіндіріледі. Содан кейін күнделікті қолданысқа ілініп, соған сәйкес қажетті инфрақұрылым жұмыс істей бастайды. Яғни, бастаманың жүзеге асырылуы үлкен қиындық немесе кедергі тудырады деп ойламаймын. Одан өзге қазіргі ақпараттандырылған заманда интернет, әлеуметтік желілер және онлайн курстардың кеңінен таралуы да – латын әліпбиінде жарық көретін интеллектуалдық өнімдер (кітаптар, отандық ғылымның цифрлы нұсқалары) латын әліпбиі арқылы кеңінен таралып, өзге де елдердің нарығына өте бастайды. Бұл уақыт өте келе өз жемісін береді.

Латын әліпбиіне көшудің идеологиялық мәні зор. Еліміздің Рухани жаңғыруы – халқымыздың асыл құндылықтарын сақтап қалу ғана емес, болашаққа қадам басқан өскелең ұрпақтың да сұранысын қамтамасыз ету. Әліпби ауыстыру арқылы бабалар жолын XXI ғасырда жаңғыртумен қатар, жастардың жаңа ғасырда бәсекеге қабілетті болуына іргетас қалайтынымыз анық. Яғни, ұрпақтар сабақтастығын берік етуде аталмыш бастаманың маңызы зор.

Людмила ХОЧИЕВА,
Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі

Заман талабы

▼▼▼ ЛАТЫН ҚАРПІ ҚАЗІРГІ ЖАС БУЫНҒА ЖАҚЫН. ЖАҢА ӘЛІПБИДІҢ СОҢҒЫ НҰСҚАСЫ ЖАСТАРДЫҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАНЫН СЕНІММЕН АЙТА АЛАМЫЗ. БҰЛ БОЛАШАҚТЫҢ ҮЛКЕН ҚАДАМҒА БАРУҒА ДАЙЫН ЕКЕНІН АҢҒАРТАТЫНДАЙ.

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», – деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, латын әліпбиіне көшу – бүгінгі күннің кезек күттірмес қажеттілігі. Ол тек қана мәдениетте емес, өркениетке де бағыттайтын күрежол болатынын қазақстандық әр азамат білуге тиіс.

Жаңа нұсқада қазақтың төл әріптерінің белгіленгенін ерекше атап өтуге болады. Жастар телефон пайда болғаннан бері СМС-хабарламаларды, әлеуметтік желідегі ақпараттарды латын қарпімен алмасып жүргендіктен, жаңа әліпбиді меңгеру аса қиындық туғызбайды.

Латын қарпіндегі әліпбиге көшу қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тілін компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне шығарудың тиімді қадамы осы. Ең бастысы, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуімізге латын қарпі алтын көпір болмақ.

Бастысы, халық болып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жаңашылдыққа қолдау көрсетуіміз қажет деп ойлаймыз.

Назымгүл РАХИМБАЕВА,
Ж. Егінбаев атындағы интернаты бар орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі
Мәмбет ауылы,
Көксу ауданы

ҰЛТ ҰСТЫНЫ

ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІ МЕН АУДАНДЫҚ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАРЖЫГЕРЛЕР КҮНІН АТАП ӨТТІ. ДЕПАРТАМЕНТ ЖИЫНЖАЙЫНДА КЕЗДЕСКЕН САЛА МАМАНДАРЫ ҚАРЖЫГЕРЛЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ ӨРБІТІП, ӨҢІРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛЫ ТУРАСЫНДА СӨЗ ҚОЗҒАДЫ.



Теңге – тәуелсіздік белгісі

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Жиында облыстық қазынашылық департаментінің директоры Таңат Айдарбеков әріптестерін құттықтады.

– Елімізде 15 қараша – айтулы күн, өйткені, барша қауым Ұлттық валюта және Қаржыгерлер күнін мерекелейді. Бұл күн –□ еліміздің мәртебесін көтеру үшін қызмет ету жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан, елдің алғысы мен ықыласына бөленген қаржы қызметкерлерінің төл мерекесі. Ақшамен жұмыс істеу өз кезегінде жауапкершілік пен белсенділікті талап етеді. Заман талабына сай қазір экономикамыз да күрт дамудың үстінде. Сондықтан да, қаржыгердің бойындағы маңызды байлығы – оның жұмыс барысында есте сақтауының жақсы болуы, шығыс пен кіріс құжаттарын тиянақты жүргізудің кәсіби маманы атануы. Сонымен бірге, барша қазақстандықтар Ұлттық валюта күнін атап өтеді. Теңге күні ел тәуелсіздігінің бір белгісі. Осындай шуақты күнде қаржыгерлерге кәсіби жетістіктер тілеймін, – деді ол.

Осыдан кейін мекеме басшысы жыл бойы табысты еңбек етіп, жұрт ризашылығына бөленген бір топ қызметкерді марапаттады. Сол қатарда Айжан Қойшыманова ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал облыстық қазынашылық департаментінің қызметкерлері Гүлнар Атажанова мен Шолпан Нұриева облыс әкімінің Құрмет грамотасын алып, мерейленді. Сондай-ақ, қазынашылық саласының бір топ қызметкерлері Дәулет Сайлыбаев, Алтынгүл Әбутәліпқызы, Венера Нығметжанова, Еркебұлан Нұрқалиев, Наргиз Таипова, Гүлжан Бекмұханбетова, Әлемгүл Сүлейменова, Айгүл Рысқұловалар облыстық департаменттің Құрмет грамотасын иеленді.

Мерекелік шара аясында ардагер қаржыгерлер мен жас мамандар да сөз алып, өздерінің мерекелік тілегін жеткізді. Сонымен қатар, тапқырлықты талап ететін қызықты ойындар ойналып, жеңімпаздар анықталды. Шара соңында Жандос Смағұлов бастаған “Талдықорған әуендері” фольклорлық-этнографиялық ансамблінің өнерпаздары әннен шашу шашып, кеш шырайын аша түсті.

Қаржылық сауаттылық

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ. МИЛЛИОНДАРДЫ ТӨЛЕЙ АЛМАЙ, ҮЙІНЕН АЙЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ҚАНШАМА АДАМ БАРЫН ЕСЕПТЕУДІҢ ӨЗІ ҚИЫН. БІРАҚ ОСЫҒАН ҚАРАМАСТАН НЕСИЕ АЛУДЫ ТОҚТАТҚАНДАР КӨРІНБЕЙДІ. БҮГІНДЕ КЕЙБІР БАНКТЕР БОРЫШКЕРЛЕРДЕН ТИІСТІ ҚАРАЖАТТЫ ӨНДІРЕ АЛМАЙ ДАЛ. БАНК ТАЛАПТАРЫ ДА ӨЗГЕРГЕН. НЕСИЕ МАШАҚАТЫ МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТӨҢІРЕГІНДЕ СӨЗ ҚОЗҒАУ ҮШІН БІЗ «PRO GENTE» ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ, БЕЛГІЛІ ЭКОНОМИСТ МАҚСАТ ХАЛЫҚ МЫРЗАМЕН ЖОЛЫҒЫП, ТІЛДЕСКЕН ЕДІК.

– Бүгінде несие алып, артынан аңғармай қалған пайыздық мөлшерлемені көріп, опық жеп жүргендерді жиі кездестіреміз. Мұның себебі неде?

– Экономист ретінде айтарым тұтынушылық несиеге жоламаған абзал. Айталық, сіз банктен несиені 56 пайызбен алдыңыз делік. Үш немесе бес жылға алар болсаңыз, онда жыл сайын 56 пайыз үстіне қосылып отырады. Қарапайым халықтың түсінбейтіні осы. Біз 56 пайызбен алып жатырмыз, неге бөленбайға өсіп кеткен деп ойлайды. Банктер 56 пайызды тек бір жылға бөледі. Қалған қарызыңызға тағы жыл сайын 56 пайыз қосылып отырады. Кейбір банк қарыз берерде жұмысыңыздың жалақысын өз банктерінен алу талаптарын қарастырады. Мысалы, «Халық банктегі» бюджет қызметкерлерін алайық. Ал кейбір банктер тек жеке күәлігіңіз бен алты ай шамасында зейнетақы қорынан ақша аударылғаны туралы анықтама ғана талап етеді. Сәйкесінше, екінші талабы аздау банктің қосар пайызы жоғары болады. Бұлардан бөлек, несие алып отырғанда ұсталатын комиссия тағы бар. Ол жерге де аз ақша қоспайды. Негізінен Ұлттық банктің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 134 қаулысына сәйкес, 11 комиссия түріне ғана рұқсат берілген. Тұтынушыға ең бірінші кеңес осы қаулымен толық танысып алып, несие шартында көрсетілген барлық комиссияларды салыстырып шығу керек. Тізімнен бөлек, комиссия қосылса, алып тастауды өтінесіз. Келісімшартты өзгертпесе, бірден несие рәсімдеуден бас тартыңыз.

– Халықтың көкейінде неге біздің елде несие пайыздары жоғары деген сауал жүреді. Бұған сіз не деп жауап берер едіңіз?

– Ең негізгі себебі – біздің әлі дамушы мемлекеттердің қатарында болғандығымыз. Мұндай мемлекеттердің барлығында нарықтық экономика заңдары әлі қалыптаспаған және инфляция, яғни, бағаның құнсыздану деңгейі жоғары. Мысалы, біздегі бірқатар тауар бір жылдың ішінде күрт қымбаттап кетіп жатады. Ал Батыс елдерінде баға тұрақсыздығы барынша жойылған, баға орныққан.

Сондықтан, Ұлттық банк инфляцияның деңгейі – ақшаның құнсыздану дәрежесіне мән бере отырып, базалық пайыздық мөлшерлемені бекіteді. Базалық пайыздық мөлшерлеме деген сөз – Ұлттық банктің теңгені екінші деңгейлі банктерге бергендегі қосатын пайызы ғой. Сонда екінші деңгейлі банктер ақшаны Ұлттық банктен базалық пайызына қарап алады да, халыққа ұсынар ақшасын да одан төмендетпейді. Яғни, қазір бізде базалық пайыздық мөлшерлеме 9,25 пайыз, демек, екінші деңгейлі банктер өз тұтынушыларына осы 9,25 пайыздан төмен дәрежеде ақша ұсынбайды. Яғни, пайда табу үшін осы пайыздық мөлшерлемені олар бірнеше еселеп халыққа ұсынады. Қарап отырсаңыз, қазір үш адамның екеуінің мойнында несие бар. Ал әрбір несиесі бар үш адамның біреуі несиесін қайтармайтындар. Сонда банк төлемей кеткен жандардың есебін басқа қарыз алушыдан өндіруге тырысады. Кеткен шығынды осылай жабуға ұмтылады. Батыс елдерінде халықтың көбі қаржылық сауаттылыққа келгенде көздері ашық. Оларда несие алдың ба, төлеп құтыл деген берік түсінік бар. Сондықтан, ол жақта несиенің де пайыздары төмен.

– Дүниежүзілік сауда ұйымына кірумен бірге біздің елде шетелдік банктер әрекет ете бастады. Тұрғындар «Ислам банк» жайлы көбірек білгісі келеді әрі онда пайыз мөлшерлемесі жоқ деп жатады. Бұл шын ба?

– Қандай банк келсін біздің елдің заңына бағынады. Ұлттық банктің бекітіп берген ережесі аясында ғана жұмыс істейді. Себебі, олар да Ұлттық банк бекіткен базалық пайыздық мөлшерлеме аясында жұмыс істейді. Бұл – қай банк болсын бәрібір пайыз тағайындайды деген сөз. Сондықтан да болар, Ислам банктерінің біздің елге дұрыс тартылмай отырғаны. Шетелдік банктердің келгені дұрыс, әрине, ол бірінші кезекте отандық банктердің қызмет ету сапасын арттыруға үлес қосады. Шетелдік банктердің корпоративтік этикасы жоғары және технологиялық жағынан да жақсырақ болып келеді. Бұл біздің елде жаңа әлемдік стандарттарды енгізуге септігін тигізеді.

– Техника бұйымдарын банк арқылы алғанда алдыңғы жылдары бөліп төлеп жүрген едік. Бүгінде тауарға да несие қосылатын болыпты. Бұл қалай?

– Ұлттық валютаға қуат беріп, құнын арттыру үшін Ұлттық банк базалық пайызды 2015 жылдың қазанында бірден 16 пайызға көтерген еді. Тіпті, 2016 жылдың ақпанында 17 пайызға дейін көтерген. Базалық пайыз неғұрлым жоғары болған сайын соғұрлым төл валюта құнының жоғары болуына септігін тигізеді. Сонымен бірге, елдегі депозиттің және несиенің де пайыздарының көтерілуіне әсер етеді.

Ұлттық банк нәтижесінде теңгелік депозиттердің артуына қол жеткізді. Екінші жағынан несие пайыздарының жоғарылауына жол ашты. Өздері 17 пайызбен теңгені алған банктер техникалық тауарды бөлшектеп төлеуді, ипотекалық несие беруді тоқтатты. Ипотекалық несиені санаулы банктер ғана беріп келді. Техниканы бөліп төлеткізетін банктер де тауарлық несие беретін болды. Бірақ өткен жылдан бері қайта бөліп төлеуді қолға алды. Ипотекалық несие де беріле бастады. Себебі базалық пайыз 9,25 пайызға дейін төмендетілді, сол себепті несиенің де, депозиттің де пайыздары түсіп келеді.

– Ипотека демекші, «7-20-25» бағдарламасы бірге бір қосып отыр деген ауызекі сындарды жиі естіп жатырмыз. Бұл бағдарлама қаншалықты тиімді?

– Бұл бағдарлама бойынша баспанаға қол жеткізудің жолдары салыстырмалы түрде жеңілдеді. Тиімді тұстары да көп. Алайда Елбасы «7-20-25» бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырғанымен, 7 пайызбен банктер несие беруге дайын емес еді. Себебі, өздері 9 пайызбен несие алып отырғанда, қалай 7 пайызға береді?! Сондықтан банктердің шығынын жауып тұру үшін Ұлттық банк “Баспана” ипотекалық компаниясын құрды.

Ал Европа мемлекеттерінде базалық пайыздық мөлшерлеме 0,5 пайыз ғана. Сондықтан, олар да екінші деңгейлі банктердің 2, 3 пайызбен несие беруге мүмкіндіктері бар. Ал бізде кейбір қаржы мекемелері 7 пайызбен береміз деп жарнама жасағанымен, шын мәнінде жоғары пайызды ұстап отыр. Ол жай ғана атап көрсететін, атаулы пайыздық мөлшерлеме. Кейде баннердің астында “жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме 27 пайыздан басталады” деп жазылып тұратынын байқамай қаламыз. Кішкентай, майда жазумен тұрғандықтан, оны көп адамдар оқи бермейді. Ал жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме дегенді қысқартылған әріптермен жазып қояды. Ал бірге бірді қосады деген сөзге келсек, неғұрлым сіз жылды созған сайын соғұрлым пайыздар қосылып отырады. Сондықтан, аз жылға келісім жасап, көптен құйсаңыз ұтасыз. Немесе бірнеше айдан кейін толық жауып тастасаңыз, тіптен тамаша. Бірақ кей банктер бұл талабыңызға көнбеуі мүмкін. Өйткені, олар несие беру арқылы жұмыс жасап отыр, оларға көп жылға созып, өз пайыздарын жоғарылатқан тиімді. Сондықтан, банк алдындағы берешегіңізді тек 1 жылдан кейін ғана немесе 6 айдан соң толық жаба аласыз деген талап қояды. Осыны да біліп алған дұрыс.

– Халық арасында банк осы күнге дейін заңсыз комиссия қосыпты, енді сол ақшаны шешіп алуға болады екен деген алып-қашпа сөз шығып кетті. Осыған тоқтала кетсеңіз.

– Ол тек 2016 жылдың 1 шілдесіне дейін рәсімделген несиелер. Кейбір банктер келісімшартқа кредитке қызмет көрсеткені үшін комиссия деп жазады. Бүгінде Ұлттық банк кредитке қызмет еткені үшін комиссия ұстауға рұқсат еткен тізімде тұр. Яғни, халықтың айтып жүргені осы. Тіпті, сіз жауып тастаған несиеңіз болса да, 3 жыл өтпесе болды. Қолыңыздағы келісімшартты пайдаланып, артық төлеген қаражатыңызды қайтарып аласыз. Егер келісімшартты жоғалтып алсаңыз, банк бөлімшесінен дубликатын жасатып алуға болады.

Бірінші сотқа шағымданбастан бұрын банктің өзіне шағым хат жазу керек. Әрине көп жағдайда банктер бас тартады. Сондай-ақ, Ұлттық банкке осындай коммерциялық банк заңсыз комиссия алды деп өтінім жазыңыз. Болмаса банк орналасқан жергілікті сотқа шағымданасыз. Сот шешімін шамамен бір-екі ай күтесіз. Банк сіздің артық төлеген қаражатыңызды қайтарып берумен қатар, сот шығындарын да төлейді.

– Жарнамасынан көз сүрінетін шағын несиелік ұйымдар, онлайн несие дегендер көбейіп кетті. Бұған не дейсіз?

– Онлайн турде үйден шықпай-ақ ғаламтор арқылы бүкіл құжаттарыңызды көрсете отырып, несие алу әрине тиімді. Бірақ сол банкке шығындаған уақытыңыздан екі есе ақшаны шығарып алатынын ескеруіміз керек.

– Қалай сонда?

– Онлайн несиелер, шағын несиелік ұйымдар күніне екі пайыздан қосып отырады. Он күнде жиырма пайыз, бір айда алпыс пайыз болып тұр. Он айда алты жүз пайыз, егер сіз банктен миллион теңге алған болсаңыз бір жылдан кейін 56 пайызбен алған күннің өзінде үстіне 560 мың қосып жабасыз несиені. Ал мына жақта оларға күштеп тұрған 56 пайызбен деген жақ жоқ. Қаншама адамдар уақытында қайтармаған соң, бір жылдың ішінде алған 100 мың теңгелері 1 миллион теңге болып кетіп, зар қағып жүргендер көп. Осы шағын несие беретін мекемелердің жұмысын реттеуге арналаған заң жобасы шығады деп күтіліп жатыр. Бірақ әлі шыққан жоқ. Сәйкесінше, жеке компания болғандықтан Ұлттық банк қадағалап отырған жоқ. Ең сорақысы қарапайым халық немесе әлі қаржылық сауаттылықтан хабары жоқ жастар осы бір қаржылық торға түсіп қалуда. Бұл мекемелердің жұмысын тездетіп реттемесек, ашынған адамдар көбейіп кетуі мүмкін.

– Жеке құжаттарын жоғалтып алған адамдардың атынан басқа біреулердің онлайн несие алуы қаншалықты шындыққа жанасымды?

– Дұрыс айтасыз. Бұл мүмкін. Егер құжаттарын көрсеткен болса. Камера арқылы тексеріп алаңыз дегенмен адам адамға ұқсай беретінін ескеруіміз керек. Мұндай жағдайлар да болған. Құжат жоғалған сәттен бастап, жоғалғаны туралы анықтама алып қоясыз. Ертең сіздің атыңыздан да біреу несие рәсімдеп алса жаңағы құжат сізге таптырмайтын дәлел. Ол қағазбен сіз несиені рәсімдеген корпорацияны жеңіп шыға аласыз.

– «Қара тізімге» іліккен жандар қалай тізімнен шыққа болады? Қандай жолдары бар?

– Әрине, «қара тізімге» бір іліксе, бұл дегеніміз жинақталған база болғандықтан, шығу оңай емес. Ол үшін, мысалы, жай несиелер алып көру керек. База бес жылда жаңартылып тұрады. Аз уақытқа арналған қысқа тауарлық несиелер алу керек, уақытында жауып, несиелердің тарихын түзеуге болады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Аида ҚОЖМАМБЕТОВА

БРИФИНГ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС айлығы жарияланды

ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ ОБЛЫС БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЖАНДОС ЖҰМАБАЕВТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БРИФИНГ ӨТТІ.

Онда өңірдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы айлық жарияланғандығы хабарланды.

Қоғам індетіне қарсы көзқарасты қалыптастыру, азаматтардың, әсіресе өскелең ұрпақ пен жастардың құқықтық санасы мен мәдениет деңгейін арттыру мақсатында облыс әкімі Амандық Баталовпен келісіліп, «Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» күніне орай, облыс көлемінде қырықтан астам іс-шара өтеді. Мерзімі 9 қараша мен 9 желтоқсан аралығын қамтиды.

– Айлық аясында І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі ашылды. Дәл осындай кеңсені Қарасай ауданы, Қаскелең қаласындағы Сүлейман Демирел атындағы университетте де ашу жоспарлануда, – деген Жандос Сағындықұлы бірқатар шараны мысалға келтіріп, түпкі мақсаттарына тоқталды. Жаңадан бой көтерген Бикен Римова атындағы облыстық драма театрында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған кәсіби театрлық қойылым көрерменге жол тартады. Қойылым болған оқиға ізімен сахналанады. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың сәуір айында басталған барлық аудан, қалаларды аралаған «Адал жол – Честный путь» марафоны 7 желтоқсанда қорытындыланады.

Осы және өзге де іс-шаралардың мазмұны баяндалған баспасөз отырысында айлық аясында атқарылар жұмыстардың маңыздылығы туралы айтылды. Әрі халық та айлық шеңберінде қолға алынған іс-шаралармен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дер кезінде хабардар болып отырмақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ОБЛЫСТЫҚ СОТТЫҢ ҒИМАРАТЫНДА ПИЛОТТЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫНА АРНАЛҒАН ПРЕСС-ТУР ӨТТІ. ОНДА «ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР КӨРІНІС ТАПТЫ.

Сот отырысы жеңілдейді

Шараға облыстық сот төрағасы Мейрамбек Таймерденов, азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Досымбет Қалдарбек, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Советхан Сәкенов және Соттар әкімшісінің басшысы Манас Бурашев қатысты. Сонымен қатар, облыстық сот-тың судьялары мен аудандық соттар төрағалары да тәжірибе алмасты. Пресс-турға қатысушылар бірінші кезекте Құқықтық қызмет орталығымен таныстық және «Судья көмекшісі», «Түнгі сот», «Отбасылық сот», «Виртуалды сот» пилоттық жобалары түсіндірілді. Ал «SMART-COT» пилоттық жобасы келген қонақтарға арнайы көрсетілді. Осы жоба арқылы тараптар ұялы телефондарына “TrueConf” бағдарламасын орнатып, сол арқылы сот отырысы залында болмай-ақ істі қарауға, қатысуға мүмкіндік алады.

– Пилоттық жобаларға ерекше мән берудеміз. Сондықтан, жаңа құралдар мен процестерді енгізу жұмысын бастап кеттік. Ал оны жетілдіру үшін нақты қадамдар қажет. Бүгін таныстырылып, ұсынылған жобалар ретімен іске асуда, – деді Мейрамбек Таймерденұлы.

Ендігі кезекте өңірдегі соттар жаппай IT технологияларды пайдаланбақ. Нәтижесінде сот төрелігінің ашықтығы артады әрі бюджеттік қаражат үнемделеді.

М. ДАНИЯРҰЛЫ

АЛТЫН АРҚАУ

АРДАГЕРЛЕР ҮЙІНДЕ ОБЛЫС ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛІ ТАЛҒАТ ӨМІРӘЛИЕВ ПЕН «МЕМЛЕКЕТТІК, БАНК МЕКЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЕРЖАН ДҮЙСЕМБАЕВ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ.

Әдеп – тәрбие негізі

Алма ЕСЕНБАЕВА,
“Жетісу”

Осы орайда сөз алған Талғат Өмірәлиев Елбасының Жарлығымен әрбір басқармаға және аудандарға Әдеп жөніндегі уәкіл бекітіліп, барлығы 42 адам облысымызда жұмысын бастап кеткенін тілге тиек етті.

– Қазір жастарды мемлекеттік қызметке жұмысқа қабылдайды. Алайда олардың кейбірі өзін қалай ұстау, халықпен қалай қарым-қатынас жасау керек екенін білмейді. Қызмет тізгіні қолына тисе, бастық сынды шіреніп шыға келеді. Ал оның алдына келіп отырған қарапайым халық оны Үкіметтің адамы деп қабылдайды. Сондай деңгейде жауап күтеді. Олар біздің алдымызға келгенде дұрыс қарым-қатынас жасап, жауап беруіміз керек. Өзіміздің қолымыздан келмесе қайда бару керектігін айтып, жол сілтеуіміз қажет. Осы орайда қызметкерлердің әдебін көтеру мақсатында дәріс оқудамыз. Сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлердің басшылық тарапынан жазықсыз жапа шегетін кездері де болады. Ондай жағдайда олар қорғауды қажет етеді. Жаңадан ашылып отырған Әдеп жөніндегі уәкілдің міндеті – мемлекеттік қызметкердің этика мәселелерін қарап, жөнге салу, қажет кезінде қорғау болып табылады.

Жуырда Астанада және Қостанайда үлкен форум өтті.

Онда осы әдеп мәселелері кеңінен сөз болды. Өз тарапымнан мектеп, колледж, жоғары оқу орындарына этика сабағы енгізілсе деген ұсыныс білдірдім. Өйткені, кез келген адам қоғамдық ортада өзін дұрыс ұстай білуі қажет. Ол үшін адамда тәрбие, білім, ішкі мәдениет болуы керек. Бұл балаға мектеп кезінен бастап үйретілсе этикаға қатысты мәселе шешімін табар еді.

Сонымен бірге Әдеп жөніндегі уәкіл тек қана мемлекеттік қызметкерлермен ғана емес, басқа сала мамандарымен де жұмыс істеуі керек. Осы орайда бүгін ынтымақтастық меморандумына қол қойып отырмыз, – деді Талғат Әбенұлы.

Жиын барысында «Алматы облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар төрағасы Әсет Қыдырманов сөз алып, қазіргі таңда мемлекеттік қызметкерлерді қорғау, оларды белгіленген уақыттан артық жұмыста ұстамау жағы да қарастырылып жатқанын жеткізді.

Меморандумға қол қойған қос тарап ары қарай ынтымақтаса жұмыс істеуге уағдаласты.

■ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ



Қауіпсіздік мәселесі талқыланды

Талдықорғандағы Оқушылар сарайында қала тұрғындарымен кездесу өткізген облыстық полиция департаментінің басшысы, полиция генерал-майоры Мұрат ҰРҰМХАНОВ көпшілікке өңірдегі қылмыс көрсеткішін таныстырып, қоғам қауіпсіздігін сақтау жолдарын талқылады. Оның айтуынша, жыл өткен сайын қылмыс саны өсуін тоқтатар емес. Осыған орай мемлекет тарапынан жанды қолдау көрсетіліп, нақты шаралар қабылдануда. Атап айтқанда, облыс қалалары мен аудан орталықтары бейнебақылау камераларымен жабдықталып, қоғамдық тәртіп қадағалануда.

Мәди АЛЖАНБАЙ,
"Жетісу"

– Биыл облыс аумағында 23 мыңға жуық қылмыс тіркелді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,5%-ға артық. Одан бөлек, ауыр және аса ауыр қылмыстың көрсеткіші 16%-ға азайған. Зорлық 22,9%-ға, қарақшылық 13,1%-ға, ұрлық 5,2%-ға, мал ұрлығы 7,2%-ға, көлік тонау 3,9%-ға, қарулы тонау 37,8%-ға, бұзақылық 18,4%-ға, алаяқтық 1,3%-ға төмендеген. Сонымен қатар, жасөспірімдер қылмысы өткен жылмен салыстырғанда 8,6%-ға азайған. Қылмыстық құқықбұзушылықтың басым бөлігі Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ және Іле аудандарында тіркеліп отыр, – деген генерал-майор Мұрат Ұрұмханов қылмысты болдырмау, оны дер кезінде ашу жайында әңгіме қозғады. – *Осыған орай кісі өлімі, денсаулыққа ауыр нұқсан келтіру, зорлау, қарақшылық, өзгенің мүлкін ұрлау, бұзақылық сынды қылмыстың ашылу деңгейі жақсарған. Тергеу мен соттан қашып жүрген 300 қылмыскер табылса, із-түзсіз жоғалып кеткен 239 адамның қайда жүргені анықталды. Қоғамды дүрліктірген бірқатар қылмыс ашылды. Оның қатарында үш адамның өліміне қатысты бір қылмыс және екі адамның өліміне қатысты 4 қылмыс, кісі тонау оқиғалары бар. Есірткіге қатысты анықталған 517 қылмыстың 65-і есірткі таратуға орай қозғалды. Соған орай айналымда жүрген 4 тонна есірткі заттары тәркіленіп,жойылды. Есірткі заттарының ішінде 1 килограмм героин болған.*

Баяндамашының айтуынша, тіркелген қылмыстың ішінде ұрлық көп. Полиция қызметкерлерінің көмегімен 5 мыңнан астам ұрлық ашылып, ұрылардың 135 тобы қолға түскен. Олардың 44 тобы пәтер тонаушылар болса, 34 тобы мал ұрлаушылар. Зардап шегушілерге құны 42 миллион 395 мың теңге болатын шығыны мен 1158 бас мал қайтарылды.

Жетісу жеріндегі қылмысты барынша азайтуға облыс әкімдігі қолдау көрсетіп келеді. Соған байланысты облыс аумағында орнатылған 968 бейнекамера орын алған оқиғаның кескінін полиция бөлімшелеріне жеткізіп, 65 ұрлықтың, 25 бұзақылықтың, 4 адам тонаудың ашылуына көмектессе, 15 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылық белгілі болды. Одан бөлек, «Қазақтелеком» АҚ ұсынып отырған «Бұлтты бейнебақылау» бағдарламасы аясында қаладағы үйлердің 160 кіреберісіне 338 бейнекамера орнатылды. Келешекте осы бағыттағы жұмыс күшейтіледі. Келер жылы Қапшағай қаласында 300 камераны қамтитын шұғыл басқару орталығы іске қосылса, Текелі қаласында 50 камералы шұғыл басқару орталығы салынады. Ал Қаскелең қаласына 150 бейнебақылау камерасы, Жаркент қаласына 50 бейнебақылау камерасы орнатылады. Мал ұрлығын болдырмау үшін облыс аумағында малшы – мал иесі – жергілікті атқарушы билік арасын жалғастыратын үшжақты келісім жасалуда. Сонымен қатар, облыстық мәслихаттың шешімімен 2017 жылдың желтоқсанында төрт түліктің күзетілуі мен мерзімінде сәйкестендірілуіне қатысты мал иесіне жауапкершілік артатын ауылшаруашылық жануарларын ұстаудың Ережелері бекітілген болатын. Осындай тиімді шаралар мал ұрлығының тіркелуі мен ашылуына мүмкіндік беруде.

Өңірде 2014 жылдан бері қолға алынып отырған «Көршілер бақылауы» бағдарламасы өз жемісін беріп келеді. Биыл жыл басынан бағдарлама телефондарына түскен 9 мыңнан астам хабарламаға байланысты 5 мыңнан астам бұзақы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Одан бөлек, Талдықорғандағы екі мектепте кадет сыныптары ашылса, студент жастардың ерікті «Жалын» жасағы құрылып, қоғам тыныштығын күзетуге үлес қосып отыр. Осылайша полиция қызметкерлері жас өскін тәрбиесін қолға алуда.

Генерал-майордың баяндамасынан соң жиынға қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарды қойып, лайықты жауап алды.

■БРИФИНГ

КӘСІПКЕРДІҢ ЖЕКЕ КАБИНЕТІ

Қараша айынан бастап «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Кәсіпкердің жеке кабинеті» атты интернет-порталды іске қосты. Бұл жүйеге cabinet.atameken.kz сілтемесі арқылы қол жеткізуге болады. Порталда кез келген кәсіпкердің өзіне қажет мәліметті алуға мүмкіндігі бар. Онда бизнеске арналған ең керекті және пайдалы қызмет түрлері тегін ұсынылады.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Бұл туралы облыстық кәсіпкерлер палатасының қаржылай емес қолдау бөлімінің басшысы Ерлан Датқаев Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

– *Бүгінге дейін «Жеке кабинет» қызметін 300-ге жуық кәсіпкер пайдаланды. Бұл қызметке жүгінушілер қатары күн санап өсіп келеді. Олардан түскен ұсыныс-пікірлерді таразылап, орынды ұсыныстарға қолдау білдіреміз. Біздің міндетіміз – отандық кәсіпкерлікті қолдау және көмек көрсету. Айта кетейін, cabinet.atameken.kz сайтына тіркелген кез келген кәсіпкердің тиісті ақпарат пен қызмет түрін тұрақты қолдануға мүмкіндігі бар. Қазіргі кезде бірнеше сервис енгізіліп, іске қосылды,* – деді Ерлан Датқаев.

«Кәсіпкердің жеке кабинеті» сервисі арқылы бірнеше қызмет түріне қол жеткізуге болады. Біріншісі: «Бизнесті құтқару қызметі» деп аталады. Онда шағын бизнес туралы жедел кеңес алумен бірге мәселені реттеу үшін белгіленген нысанға мобильді топты шақыра алады. Жеке кабинет арқылы кәсіпкерлер «Құжаттар конструкторынан» құжаттар үлгісімен танысып, жұмыс барысында қолданады. Бүгінгі таңда заң тілінде сауатты жазылған 100 құжат үлгісі әзірленіп, тегін жүктеуге мүмкіндік туып отыр.

«Адалдықты тексеру» сервисі арқылы кәсіпкерлер өзінің серіктесін 40 түрлі көрсеткіш бойынша тексере алады. Мұның ішінде салық қарызы, әкімшілік және қылмыстық айыппұлдары, мемлекеттік сатып алу бойынша лицензиясының және тағы басқа құжаттарының бар-жоқтығы сияқты бағыттар бар. Сонымен қатар «Атамекен» ҰКП банкроттық немесе кәсіпкерлік субъектісін жабу (тарату) үрдістерінен өтіп жатқан кәсіпкерлер туралы да ақпаратты орналастыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

– *«Кәсіпкерлік бастамалар» қызметі арқылы кәсіпкерлер бизнес ахуалды жақсарту бойынша ұсыныс-пікірлерін жеткізіп, оны кең талқылауға және дауыс беруге шығара алады. «Атамекен» өз тарапынан бұл бастамаларды өкілетті органдардың назарына ұсынады,*– деді спикер.

«Кәсіпкердің жеке кабинетіндегі» маңызды қызметтердің бірі «Digital-кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының» қосымшасы. Сервис бойынша кәсіпкерге 61 қызмет тегін көрсетіледі. Мәселен, бухгалтерлік және есеп, ақпараттық технологиялар, құқықтық, кедендік рәсімдеу, қолдау шаралары бойынша ақпарат, кәсіпкерлердің өтініштерін сүйемелдеу, маркетинг, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік, мемлекеттік сатып алу, тағы басқалары. Сонымен бірге, кәсіпкерлік негіздерін оқытуға, бизнес-жоспар мен сайт әзірлеуге өтініш беруге мүмкіндік бар. Басты ерекшелік – қызметтің бәрін онлайн режимде алуға болады.

Тамыз айынан бері 700-ден астам кәсіпкер «Digital ҚҚҚО» сервисі арқылы онлайн режимде қызмет түрін пайдаланған. «Кәсіпкердің жеке кабинетіндегі» сервистер желісіне алдағы уақытта «Сатып алудың бірыңғай терезесі» мен «Несие агрегаторы», «онлайн-касса» сияқты қызмет түрі енгізілетін болады.

Ғаламторға қосылуға мүмкіндігі жоқ азаматтар үшін кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары мен кәсіпкерлікті қолдау орталықтарында өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы ашылған. Кәсіпкер үшін қандай да бір сұрақ немесе қиындық туындаған жағдайда менеджер-кеңесшілер көмектеседі.

■БИЗНЕС ФОРУМ

Бүгінгі таңда сан салада жетістікке жетудің бір-ақ жолы бар. Ол – жобалық басқаруды жете меңгеру. Бұл кәсіпкерлік саласы үшін де өзекті. Себебі, кез келген кәсіпкер алға қойған мақсатын, бизнес жоспарын сәтті жүзеге асырамын десе, ең алдымен оның бүгіні мен ертеңін, пайдасы мен зиянын, тиімділігі мен қауіп-қатерін алдын ала ойластырып алғаны жөн. Сонда ғана туындайтын түрлі келеңсіздіктің алдын алып, кәсібін дұрыс бағытпен алға жылжытуға болады. Талдықорған қаласында өткен бизнес форумда осы және осыған қатысты мәселелер сөз болып, білікті мамандар оның жолдары мен әдіс-тәсілін көпшілікпен бөлісті.

ТАБЫС КІЛТІ– ЖОБАЛАЙ БІЛУДЕ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Бүгінгі таңда жобалау менеджментінің құралдары мен әдістерін игеру ақпараттық технологияны немесе көлікті жүргізуді үйренгенмен бірдей екен. Қазақстанның зерттеу ұйымдары консорциумы саланың қыры мен сырын жетісулық кәсіпкерлер де білсін, үйренсін деген мақсатпен осы шараны ұйымдастырып отыр.

– Бизнес форумда Қазақстандағы жобалауды басқарудың тетігі және проблемалары талқыланды. Басқосу тақырыбына сай үздіксіз өзгерістер жағдайындағы жаңа мүмкіндіктер сөз болды. Жобалаудың ұлттық жүйесін дамытуға қатысты ой-пікірлер ортаға салынды. Мамандардың айтуынша, бүгінде жобалау менеджерлеріне деген сұраныс жоғары. Оларды қажет ететін компания, кәсіпорын көбейген. Ұйым-мекемелер жобалау менеджментіне көңіл бөлудің пайдасы көл-көсір екенін жақсы түсінген, – дейді Жобалау менеджерлер одағының өкілі Ақбота Ағзамбек-қызы.

Алайда, жобалау саласында білікті мамандар тапшы. Әсіресе, қаракөздеріміздің қатарының аз екендігі белгілі. Сондықтан осындай бизнес-форумдар сол ақтаңдақтың орнын толтыру мақсатында белсенді жұмыс істеуде.

– Талдықорған өңірінде жобалаумен айналысатын Ж. Жәнекенов атындағы институт бар. Аталған институт Талдықорған өңірінде 1952 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қазіргі Талдықорған өңіріндегі су шаруашылығы саласындағы ірі-ірі жобалар осы институттың туындысы. Бұл оқу орнына 30 жылдан астам директор болып, кейінгі тоқырау жылдарында институтты сақтап қалған Жүсіп Ырысқалиұлының аты берілді. Осы реткі бизнес форум да аталған институттың ұсынысымен өтіп отыр. Мұндағы мақсат – өзіміздің қызметкерлердің біліктілігін арттырумен қатар өңірдегі кәсіпкерлердің жобалау саласындағы білімін тереңдету, – дейді заң ғылымдарының докторы, профессор Сарқытбек Молдабаев.

Шара аясында әлемге танымал мамандар бірнеше тақырып бойынша шеберлік дәрісін өткізді. Ақыл-кеңестерімен бөліскендердің бәрі өз саласының білгірлері әрі табысқа жетудің құпиясын жақсы білетіндер. Айтпақшы, жобалауды басқаруға бағытталған басқосуға студенттер де қатысып, өздеріне керекті білім алды.

Талдықорғанда облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен алғаш рет өткен бизнес форумға Ж. Жәнекенов атындағы жобалау институты, Қазақстанның Жобалау менеджменттер одағы мен еуропалық қайта құру және даму банкі де атсалысты.

■ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

Жалақыны көтеру бақыланады

Елбасы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны бір жарым есеге, яғни, 28 мың теңгеден 42 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен алынған ақпаратқа сәйкес облыста 125 мың 910 жұмыскерден тұратын 51578 кәсіпорын бар. Мұның ішінде келесі жылдан бастап облыстағы жұмысшылар саны 250-ден асатын 84 мемлекеттік, 54 жекеменшік кәсіпорын еңбекақыны көтеруді қолға алмақшы. Алдын ала болжам бойынша, бұл кәсіпорындардағы 113903 жұмысшының 36591-і 42,5 мың теңгеден төмен жалақы алады.

Бүгінде облыста жалақыны арттыру бойынша жол картасы бекітілді. Ондағы іс-шаралар жоспарына сәйкес тізімдегі кәсіпорындарға мониторинг жүргізу арқылы ең төменгі санаттағы жұмыскерлердің еңбекақысын көтеруге байланысты ұжымдық шарттарға, жұмыс берушілердің актілеріне және еңбек шарттарына өзгерістер енгізу, жұмыс берушілерге ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды. Сонымен қатар, жұмысшылардың жалақысын көтеру жөнінде әкімдік, өңірлік кәсіпкерлер палатасы, аумақтық кәсіподақтар бірлестігі және ірі кәсіпорындар арасында төрт жақты меморандумға қол қою жоспарлануда.

Жол картасы бойынша аудан, қалаларда атқарылған жұмыстардың нәтижесін жинақтау үшін мәліметтер әр аптаның бейсенбі күні облыстық еңбек инспекциясына ұсынылуы керек. 16 қараша күнгі ақпаратқа жүгінсек, облыстық еңбек инспекциясымен 137 кәсіпорынның 19 мың 821 жұмыскердің еңбекақысын өсіруге қатысты келісімге келгені белгілі болды. Жалпы еңбекақысы өсуге тиісті 36591 жұмысшының әрбірімен жұмыс жүргізілуі керек. Жыл аяқталуға бір жарым ай уақыт қалды. Демек, жұмысты шұрата түскен жөн.

Осыған орай жұмысты жүйелі жүргізу үшін облыстық еңбек инспекциясы облыс әкімінің бірінші орынбасары Л. Тұрлашовқа хат жолдап, аудан, қала әкімдері салалық кәсіподақ өкілдерімен, Атамекен кәсіпкерлер палатасының өңірлік филиалымен бірлесіп, орта және шағын кәсіпорын жұмыскерлерінің жалақысын көтеру бойынша штаб құру жөнінде хат жолдады.

Аталмыш хатта аудан, қала әкімдіктерінің жаңадан ұжымдық шарттар жасау және жалақыны көтеру жөнінде бұрын қабылданған ұжымдық шарттарға өзгерістер енгізу мақсатында жұмыс жүргізу жолдары да көрсетілген. Сонымен қатар, ұжымдық шарттары жоқ кәсіпорындар да жалақыны көтеру бойынша жұмыс берушінің актілеріне өзгерістер енгізу жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуге міндеттелген.

Қ. ОМАРАҚЫН

■МЕЙІРІМ

Үштөбе қаласындағы «Қаратал күндізгі болу орталығы» мекемесінде Халықаралық зағиптар күніне орай «Әлемді жүрегіммен сеземін» атты тағылымы терең іс-шара өтті.



ӘЛЕМДІ ЖҮРЕГІММЕН СЕЗЕМІН

Кешке аудан әкімінің орынбасары Қайрат Қасымов, облыстық «Зағиптар қоғамы» басқармасының төрағасы Аликен Даркебаев, басқарма мүшесі Сарболдақ Мустапанова, республикалық мүгедектер қоғамы қауымдастығының төрағасы Элла Ким және мүмкіндігі шектеулі жандар мен олардың ата-аналары қатысты.

Осынау қым-қуыт тіршілікте қолда барды бағалай алмай, кейде күллі ғаламды жаратқан Алланың нығметтерін сезіне бермейміз. Иә, күн сайын жарқырап күннің алаулаған шапағын, көгілдір аспандағы мамық бұлттарды, жазда жайқалған ағаштар мен көздің жауын алатын гүлдер мен көбелектерді көрудің өзі зор бақыт екенін түсінбейміз. Қыстағы ұлпа қардың ұшқынын, желдің лебін сезгенмен бір көруді армандап жүргендер қаншама?! Десек те, жер бетіндегі сұлу табиғатты көрмесе де түйсігімен сезініп, алақанымен аялап, өмірге құштарлығын жоғалтпаған жандар арамызда жүр.

Аудан әкімінің орынбасары Қ. Қасымов зағип жандарды төл мерекесімен құттықтап, мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандарға барынша көмек көрсетіліп жатқанын айтты. Іс-шара барысында қазіргі таңда зағип жандардың көру мүмкіндігі болмаса да Брайль шрифтімен арнайы жазуға, оқуға көмектесетін құралдар бар екені айтылды. Олар жарық дүниені көре алмаса да қоғамдық өмірге араласып, ән салып, музыкалық аспапта ойнап, өлең оқиды. Жиында мүмкіндігі шектеулі жандар өнерде шектеу болмайтынын ұғындырды. «Біз бақытты баламыз!» атты халықаралық фестивальдің жүлдегері Диана Дәулет «Аққудай арман» әнімен елдің көңілін бірден баурап алды. Бір айта кетерлігі, кеште көз жанарынан айырылған Рэй Чарльз, Стиви Уандар, Андреа Бочелли секілді әлемге әйгілі тұлғалардың шығармалары тыңдалды. Сондай-ақ, бүгінде жаһанға белгілі отандық фортепианист, музыка академигі Саида Қалықова, «Сәт» триосы тобының әндері экран арқылы көрсетілді.

Басқа түскен қиындыққа мойымай, өмірге деген іңкәрлік пен құштарлық арқылы өнерді серік еткен Айгерім Көпбаева, Алғысбек Дәуен, Нұрдана Арғын, Айгүл Иманберлинова, Сабина Орналы секілді азаматтар көпшілікке рух беріп, ой салды. Адамдық пен адалдықты ту еткен жандар сырымен бөлісіп, өмірдің әрбір күні үшін қуану қажет екенін айтты.

Әнді жан-жүрегімен сезіне білген Айгерім Көпбаева көпшілікті елжіретсе, Алғысбек Дәуен сезімтал саусақтарымен музыкалық аспапта айна-қатесіз күй шалқытты.

«Көздің соқырлығынан емес, көңілдің соқырлығынан сақта» деп халқымыздан қалған тәмсілді тұмар тұтқан «Қаратал күндізгі болу орталығының» директоры Ирина Байгазакова алтын уақыттарын бөліп келген азаматтарға ізгі ниетпен ризашылығын білдіріп, сый-сияпат көрсетті.

А. ӨМІРБАЕВ
Қаратал ауданы

ҒАЛАМШАР

МҰҒАЛІМДЕР ЕРЕУІЛГЕ ШЫҚТЫ

Франция астанасы Парижде мұғалімдер ереуілге шықты. Ұстаздар қауымы ел Президентінің саясатына наразы. Мәселен, 2019 жылы білім беру саласында жаппай қысқарту жоспарланып отыр.



Халықтың айтуынша, 3,5 мыңнан астам маман нәпақасынан айырылуы мүмкін. Сондай-ақ, колледж бен лицейдегі мұғалімдердің айлығы да азайтылмақ. Бұл туралы «Хабар 24» арнасы көрсетті. Францияның Білім министрі Жан-Мишель Бланке бұл өзгерістерге қарамастан бастауыш мектептерде штат құрамы біршама ұлғаяды деп уәде беріп отыр. Бұл орайда Эммануэль Обадья есімді шеруге қатысқан мұғалім: «Білім беру саласы бақылаудан шыққан сияқты. Мұғалімдердің мөлшерлемесін қысқартып жатыр. Билік бұл өзгерістер жаңашылдыққа әкеледі деп сендіруде. Алайда жағдай одан бетер нашарлап барады», – дейді. Ал Қазақстанда Елбасы мұғалімдерді қағазбастылық пен қосымша жүктемеден арылту үшін арнайы тапсырма берген болатын.

11 МЫҢ ПИЦЦА ПІСІРДІ

Аргентиналық аспаздар пицца жасаудан жаңадан әлем рекордын орнатты. Олар еріктілермен бірге 12 сағаттың ішінде 11 мыңнан астам пицца дайындады.



Мұншама көп тағамға үш тонна ұн, екі мың литр су және жүз келі тұз жұмсалды. Ал тағамдарды сатудан түскен қаржы қайырымдылық мақсатта жұмсалады. Айта кетейік, алдыңғы рекордты итальяндық аспаздар орнатқан еді. Олар осы уақыт аралығында 10 мыңнан астам пицца дайындаған болатын. Пицца жасаудан рекорд орнатудың талабы уақытпен, дәмділігімен және әдемілігімен таразыланады. Бұл жағынан аргентиналық аспаздар алдына жан салмай келеді. Болашақта бұл жарысты жыл сайын ұйымдастырып отыру жоспарланған. Өйткені, шараға қатысуға ниет білдіретіндер, пицца жеуге құмартатындар Аргентина мемлекетінде көптеп саналады.

БЕЙЖІҢ ТҮТІНГЕ ОРАНДЫ


Кешелі бері Қытайдың бірнеше қаласын түтін тұмшалап, ауа ластануы байқалды. Бүгін Бейжіңде қауіптің «сары деңгейі» жарияланды. Өйткені бір текше метрге тараған зиянды қалдықтың мөлшері 260 микрограмға жеткен.



Бұл туралы «24.kz» сайтында арнайы мақала жарияланды. Бейжің аспанын күн суытып, жылыту маусымы бастала салысымен түтін тұмшалады. Ресми мәлімет бойынша, ауаның ластануы Бейжің және солтүстік аймақтарда осы аптаның соңына дейін жалғасады. Мұндай күндері халықты алдын ала хабарландыру үшін қауіпті төрт түрлі түспен белгілейді. Қазір «сары түсті» ескерту жарияланды. Бейжің тұрғындары түтінді күндері үйде ауатазартқыш қосып отыратындарын, көшеге бетперде киіп шығатындарын айтуда. Қытай үкіметі 2013 жылдан бері ауаның ластануымен күресіп келеді. Өткен жылдан бері Бейжің аймағында экологияны ластайтын зауыттар, көмір стансылары, болат балқытатын кәсіпорындар жабылды.

ЖАҢА ҚҰРЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Ғалымдар Антарктидада мұздың астынан ежелгі құрлықтың қалдықтарын тапты. «GOCE» жерсерігінің арқасында ашылған жаңалық ғаламшарымыздың ең аз зерттелген бөлігін анықтауға көмектеседі.



Жаңармайдың жетіспеушілігіне байланысты 2013 жылы жер бетіне түсірілген «Gravity field and Ocean Circulation Explorer» жерсерігінен Еуропа ғарыш агенттігі бірегей мәліметтерді алды. Бұл туралы «Daily Mail» сайты мәлімдеді. Сонымен бірге, зондпен жиналған деректер, соның ішінде, біздің планетамыздың гравитациясы туралы мәліметтер мамандарға мұз астындағы жасырын тектоникалық тақтайшаларды көруге септігін тигізді. «Шығыс Антарктидада 160 миллион жыл бұрын қосылған антрактикалық қыртыстың және басқа құрлықтардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтайтын геологиялық ерекшеліктердің мозаикасын көрдік», – дейді зерттеушілердің бірі Фаусто Ферраччоли.

АЛМҰРТТАН ИНЕ ТАБЫЛДЫ

Аустралияның Мельбурн қаласында дүкеннен сатып алынған алмұрттардан тігін инелері табылды. Бұл туралы сәрсенбі күні «ABC» телекомпаниясы хабарлады.



Алмұрттағы инелерді полиция азық-түлікті қасақана дуалады деген айыппен 50 жастағы әйелді тұтқындағаннан кейін тапқан. Виктория штатының полициясына инелер туралы «ABC» қызметкері Клер Бонсер хабарлаған. Ол таңғы ас ішіп отырған кезде алмұрт ішінен шыққан инені жұтып қоя жаздаған. «Мен ешқандай жарақат алған жоқпын. Жеп отырған алмұрттан жалтыраған инені көріп қалдым», – дейді әйел. Инелері бар алмұрттың екінші қорабын Сифордтағы «Woolworths» супермаркет желісінің қызметкерлері тауып берді. Телеарнаның дерегі бойынша, Виктория штатының полициясы жаңа піскен жемістерден инелер табылу фактісін тексеріп жатыр.

■ ҚАЗПОШТАҒА – 25 ЖЫЛ!



ҚЫЗМЕТ аясы кеңейді

Бүгінде халық саны 200 мыңға таяған Талғар ауданының тұрғындарын күнделікті газет-журнал, хат-хабар, сәлемдемелермен қамтамасыз етуде аудандық Қазпошта торабының атқарып отырған жұмыстары өте жауапты әрі ауқымды. Сонау 1993 жылдың сәуір айында елімізде алғаш рет «Қазақ пошта» басқармасы құрылып, ресми мәртебе алғанына биыл 25 жыл толып отыр. Осыған орай, аудандық Қазпошта торабының бастығы Ерболат Сарқұловпен мемлекеттік мекеменің тыныс-тіршілігі жайлы сұхбаттасқан едік.

Ұлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

– Мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын, Ерболат Сәлімбайұлы! Айтулы мерекеге қандай жетістіктермен жеттіңіздер? Қазпошта-ның негізгі мақсат-міндеттері жайында сөз бастасаңыз?

– Бүгінгі күні Талғар аудандық пошта торабында 133 адам еңбек етеді. Аудан бойынша 34 бөлімше халыққа қызмет көрсетеді. Олардың 25-і автоматтандырылып, жаңа бағдарлама бойынша зейнетақы мен жәрдемақыны дер кезінде алу мүмкіндігіне қол жеткізді. Бұдан өзге орталық операция залында электронды кезек түрі енгізіліп, тұтынушыларға қолайлы жағдай жасалды. Пошта жөнелтілімдерін уақытында жеткізу мақсатында 7 автокөлікпен қамтамасыз етілген. Ауылдық жердегі пошта бөлімшелері жаңартылуда. Мысалы, өткен жылы Гүлдала ауылында жаңадан салынған пошта ғимараты пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Бесағаш, Тұздыбастау, Белбұлақ ауылдарындағы бөлімшелер көгілдір газға қосылып, қыстан қысылмай шығу мүмкіндігіне ие болды.

Ауылдық жердегі пошта бөлімшелерінің материалдық базасын нығайтып, жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстан көмек көрсетілуде. Дей тұрғанмен де мәселе түбегейлі шешілді деуге ертерек. Мысалы, Қызылту ауылдық пошта байланыс бөлімшесінің жағдайы қиындау, соған байланысты жаңарту 2019 жылға жоспарланып отыр. Сол сияқты 2100 тұрғыны бар «Жаңа Қуат» мөлтекауданынан, Кіші Байсерке ауылынан пошта бөлімшелерін ашуға ұсыныс жасалуда.

Жалпы, аудандық пошта торабының тәжірибесі толысқан, білікті мамандары хат-хабар, сәлемдемелерді қабылдап, жөнелту және ақша аударымдарын жасау, коммуналдық төлемақыларды, жол ережесін бұзған жүргізушілердің айыппұлын қабылдап, сондай-ақ, жәрдемақы, зейнетақы беру қызметтерін атқарады. Бұған қоса, тұрғындардың «Хоум Кредит Банк», «Альфа Банк», «Азия Кредит» арқылы алған несие сомасын төлеу қызметі қосылды.

Ең бастысы, биылғы жыл – «сапа жылы» деп аталып, нәтижесінде поштаның қызмет сапасына баса көңіл бөлінуде. Пошта жөнелтілімдерін уақытынан кешіктірмеуде автокөліктердің көмегі зор. Осы себепті, биылғы жылы автотұрақ 100 пайызға жаңартылып, мамыр айына дейін заманауи үлгідегі 2-3 автомашина алынып, жұмыс сапасын жақсартуға атсалысуда. Алыс-жақын ауылдарға хат-хабар, газет-журнал күнбе-күн тасымалданады. Тұтынушыларымыздың ұсыныс-пікірлерін, шағымдарына да құлақ түретін интернет жүйесі іске қосылған.

– Бұл Қазпоштаның қызмет аясының кеңеюімен қатар жаңа технологияны пайдалануға көшкендігін аңғартпай ма? Пошта қызметінің сапасын арттырып, жақсартуға бағытталған тағы қандай жаңа бастамалар бар?

– Қай уақытта да пошта қызметіне сұраныс артпаса кеміген емес. «Қазпошта» АҚ-ның стратегиялық жоспары аясында модернизациялау, трансформациялау жұмыстары жүзеге асырылып, заманауи қызмет түрлерімен толысуда. Тарқатып айтсақ, аудан тұрғындары электронды пошта арқылы хат-хабарларды қабылдап, жөнелтуге негізделген гибридті электронды пошта, сәлемдеме, халықаралық ақша аударымдарын жүзеге асыратын «Юнистрим», жеңілдетілген хаттарды қабылдау және жеткізуге арналған – EMS, жеделдетілген ақша аударымы – «Сәлем теңге» сынды жаңа қызмет түрлерін пайдалана алады.

Тағы бір қуанарлық жаңалық, тұрғындар теміржол, авиа билеттер сатып алу үшін қалаға барып, әуре болмайды. Арнайы касса жұмыс істейді. Қазпошта мекемесі «Salem Mobile» жүйесін іске қоскалы бері шеткері ауыл тұрғындары үшін бірқатар жеңілдіктер жасалынды. Соның нәтижесінде шалғайдағы ауыл тұрғындары ұялы телефондар арқылы да төлемдерін төлей алады. Осы мақсатта пошта қызметкерлері заманауи үлгідегі ұялы телефондармен қамтылды.

Өздеріңізге мәлім, Қазпошта-ның қызмет аясын кеңейту және халықаралық ұйымдарға қосылу, электрондық коммерция және қызмет түрлерін цифрландыру мақсатында бірқатар инновациялық жобалар енгізілді. Төлем карталарын шығару үшін өз процессингтік орталығын іске қосты. Қазақстанда тұңғыш рет дрондармен хат-хабарлар, сәлемдемелер жеткізіле бастады. Қоғамның пошталық және қаржылық қызметтерін ұсынатын, озық технологиялармен жабдықталған еліміздегі алғашқы цифрлық офис ашылды. Пошта-логистикалық жүйесіндегі барлық қажетті құжаттарды арнайы мобильдік қосымша арқылы біріктіру мүмкіндігі бар, пошташылар жұмысының тиімділігін арттыратын, пошта қызметкерлеріне арналған «MobilePostman» жаңа сервис іске қосылғандығын айту абзал. Сондай-ақ, сәлемдемелерді өңдеу жылдамдығын 10 есе арттыруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған сұрыптау желісі іске қосылып, «e-commerce» орталықтары ашылды. Мұның қай-қайсының да аудандық, ауылдық пошта байланыс бөлімшелерінің жұмысын жеңілдету мен жылдамдатуға тигізер ықпалы өте зор болмақ.

– Бұл бастамалардан пошта қызметінің жаңа сипатқа көшкенін көреміз. Нәтижесінде хат-хабар, газет-журнал таратуда табаны тозатын пошташылардың жұмысы жеңілдеген болар. Себебі, олардың дені әйелдер емес пе?

– Дұрыс айтасыз, аудандық пошта торабында жұмыс істейтін 133 адамның 88-ін әйелдер құрайды. Қап-қап сөмке көтеру оңай емес, әрине. Ендігі уақытта велосипед, автокөлікпен жүретін пошташыларға дрондар мен робот пошташылар қосылатын болады.

Жалпы, пошташылардың жұмысының ауырлығына қарамастан жалақысының да мәз еместігі жиі көтерілетін. Былтырғы жылы қызмет аясының кеңеюіне байланысты жалақы біраз көтерілді. Бұдан бөлек, қызметкерлерді ынталандыру мақсатында түрлі жобалар ұйымдастырылуда. Мысалы, биылдан бастап теміржол, әуе билеттерін сатып және түрлі төлемақылар мен есепшот ашқан жұмыстарына қарай бонустар берілетін болды. Мұның өзі әжептәуір материалдық көмекке айналады.

Қазпошта қызметін пайдаланушы қарттарымыздың басын қосып, қыркүйек айында үлкен «сыйақы» ұйымдастырдық. Осыған орай, арнайы лотерея ойнатылып, алды 200 мың теңгеден басталатын, қаржылай сыйлықтарға қол жеткізді. Ондағы мақсат – зейнеткер жасындағы ақсамайлы қарттарымызға сый-құрмет көрсетіп, батасын алу болды. Сөйтіп, Қазпошта қызметін пайдаланушылар арасында берік қарым-қатынас орнатып, сапалы қызмет көрсетудің деңгейін жақсарту көзделуде.

Біздің мекемеде табанды түрде еңбек етіп, тәжірибесі толысқан пошташылар аз емес. Бір салада табаны күректей 38 жыл еңбек етіп келе жатқан оператор Урият Юсупова, 20 жылға жуықтаған Бағила Ізтілеуованың іс-тәжірибелері ұжым еңбеккерлеріне қашанда үлгі-өнеге. Сондай-ақ, жеткізу бөлімінің операторы Айгүл Дауытбаева, жазылу бөлімінің операторы Жансая Оралғазықызы, Панфилов, Белбұлақ, Бесағаш ауылдық пошта байланыс бөлімшелерінің басшылары Гүлайым Несіпқұлова, Гүлназ Өмірзақова, Алмагүл Әлиева, тағы басқа да осы салада жемісті еңбек етіп жүрген қызметкерлеріміздің есімдері ілтипатпен аталады.

– «Елу жылда ел жаңа» демекші, біраз жылдар бұрынғы пошташының жолын тосып, газет-журналды жата-жастана оқитын оқырмандар бар ма қазір?

– Жасыратыны жоқ, соңғы ақпаратты әп-сәтте қолдағы телефоннан-ақ оқып алады. Сондықтан «күнделікті басылымға сұраныс аз» дегенді жиі естиміз. Бұл қате пікір. Біріншіден, барлық жерде, әсіресе, шеткері ауылдарда интернет бола бермейді. Екіншіден, интернеттегінің барлығы дерлік газетке жазылғандай жүйелі болмайды. Оны оқуға жасы егде тартқан кісілер дағдыланбаған да. Менің өзім жұмыстың соңында қалып басылымдардың барлығын парақтап шығамын. Көзге мақтағаным емес, облыстық «Жетісу» газетінен жаңа азық дүниелерді көп оқимын. Қажет-ау дегендерінің астын сызып, үйдегі балаларыма оқытып отырамын. Ол менің бойыма бала шақтан сіңген қасиет. Сол себепті, бәсекелестік артқан ақпарат айдынында мазмұнға бай, 100 жылдық тарихы бар «Жетісу» сынды ата басылымдардың беделі артпаса, кемімесі хақ.

– Салиқалы да салмақты әңгімеңізге рахмет. Еңбектеріңіз еселене берсін!

Талғар ауданы

■ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Ағалар салған САРА ЖОЛ

Жамбыл аудандық Мәдениет үйінде «Бабалар жолымен, ағалар ізімен» атты рухани кездесу өтті. «Ұрпақтар сабақтастығы» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған шарада аға буын өкілдері мен жастар емен-жарқын жүздесіп, тағылымды әңгіме өрбітті.

Серік САТЫБАЛДИЕВ,
"Жетісу"



Кезінде осы ауданның жастар ұйымында қызмет істеген, бүгінде дені зейнеткерлік жастағы ағалар, ата-апалар кездесуге құрметті қонақ ретінде келді. Олар алдымен Мәдениет үйінің кіреберісінде аудандық «Жас Ұлан» оқушылар үйі мен Жамбыл атындағы кәсіптік-техникалық колледж ұйымдастырған көрмені тамашалады. Онда оқушылардың өз қолымен жасаған түрлі роботтарына назар аударып, оқу орындарының жаңа заманға сай жетістіктеріне шынайы ризашылықтарын білдірді. Кездесуді аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Балжан Досалы жүргізді.

Сахна төріне аудан әкімі Бағдат Әлиев бастаған мәртебелі меймандар қошеметпен шақырылып, жастар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Өзі де кезінде жастар ұйымына жетекшілік еткендіктен Бағдат Байшалұлы алғашқы еңбек жолын қалай бастағаны, жастар ұйымындағы қызметі туралы тұшымды әңгіме айтты. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары аудандық жастар ұйымын басқарған Шәмшәдин Төлемісов сол кездегі жастар одағының қазақ жастарына ықпалы қандай болды деген сұрақ төңірегінде ой өрбітті. Сексенінші жыл жастары көшбасшыларының бірі Қайрат Карбозовқа өмірде өзіне үлгі тұтқан ұстазы кім болғаны және оның қандай жақсы қасиеттерін бойына дарыта алғаны жайлы сұрақ қойылды. Сол сияқты аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Батырхан Меңдібаевтан қазіргі жастарға көңілі тола ма, жастар бойынан қандай қасиеттерді көргісі келетіні сұралды. Ауданға еңбек сіңірген ел ағасы Әскербек Абаев өрісті ойларымен бөлісіп, жастарға ақылкеңесін берді. Тәуелсіз еліміздің бүгіні үшін еңбек еткен аға буын өкілдері мен жастар арасындағы әңгіме-сұхбат арасында өткен күндер өрнегінен әзірленген бейнебаян көрсетіліп, қызықты естеліктер айтылды.

Жиында Елбасының келер жылды Жастар жылы деп жариялағаны, өз Жолдауында тәуелсіз елімізді Мәңгілік Ел етуді мұрат қылып, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі екендігі, жастардың ел мен жерге еңбек сіңірген тұлғаларды құрметтеуі керектігі баса айтылды. Үлкен-дер салып кеткен сара жолды лайықты жалғастыруы үшін жастар қандай болуы қажет? Бойына қандай қасиеттерді дарытуымыз керек, қалай қалыптасқанда алға қойған мақсаттарға жете аламыз деген сынды сұрақтарға толымды жауап берілді.

Кездесу соңында озат оқушылар сахнада ант беріп, «Жас Ұлан» ұйымының қатарына салтанатты жағдайда қабылданды. Соңынан көрермен қазақ эстрадасының жұлдызды жұбы Мирас пен Құралайдың «Сенемін» атты ән кешін тамашалады.

Жамбыл ауданы

■ ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

Елбасының биылғы Жолдауындағы жұмысшылардың жалақысын көтеру жайлы тапсырмасын ақсулық кәсіпкерлер де белсене орындауда. Әсіресе, «Ақсу қант зауыты» ЖШС келесі жылдың қаңтар айынан бастап жұмысшылардың жалақысын 15-20%-ға көтеретін болды. «Бұл мүмкіндікке зауыттың толықтай жаңғыртудан өтіп, өнім көлемінің артқандығы себеп болды», – дейді зауыт басшылығы.



АҚСУЛЫҚТАР ҚУАНЫШЫ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Кезінде аудан экономикасының күретамырына айналған Ақсу қант зауыты біраз жыл жұмысын тоқтатқанда сондағы ел-жұрт жұмыссыздықтан жүдеп қалған болатын. Ал өткен жылы қайтадан ашылып, биыл толықтай жаңғыртудан өтіп, 80% құрылғысы жаңаланған зауытта бүгінде 500-ден астам адам жұмыс істеуде. Осы арқылы аудандағы жұмыссыздық деңгейінің 5,7%-дан 4,7%-ға дейін төмендеуіне ықпал етті. Қазірдің өзінде күніне 200 тонна шикізат өңделіп жатыр. Зауыт жұмысшыларының орташа еңбекақысы 75 мың теңгені құрайды. Бұл сол өңірдегі екі қолға бір күрек таба алмай жүрген жандардың тұрақты жұмысқа орналасып, болашаққа сенімін нықтады. Тіпті, аудандағы диқандардың жер өңдеп, қызылша алқабын кеңейтіп, табыс табуына жол ашты.

Айта кетерлігі, биыл ақсулықтар қант қызылшасын жинау науқанын жылдағыдан бұрын орындап тастады. Бұл жетістікке де зауыттың қарқынды жұмыс істеп жатқаны ықпал етті. Бұрындары 200 шақырым жолды басып, Көксу қант зауытына өнімдерін тасымалдайтын қызылшашылар аттам жердегі зауыттың жұмысқа көп жеңілдік әкелгеніне қуанышты. Төккен терінің өтелерін сезінген ақсулық диқандар келесі жылы да қызылша егетін жердің аумағын ұлғайтып, өнімділікті еселей түспек.

Осының өзінен-ақ кәсіпорынның ел экономикасын еселеу мен әлеуметтің әлеуетін көтеруге қаншалықты серпін бергенін бағамдауға болады. Одан да маңыздысы, өңірдің әлеуметтік жағдайына осындай серпін берген кәсіпорын келесі жылдан бастап жұмысшылардың еңбекақысын өсіріп, тағы да азаматтық танытпақшы.

Ақсу ауданы

■ ҚОҒАМ ДЕРТІ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ

Талдықорған қаласындағы көпсалалы ауруханада жемқорлықтың алдын алу бойынша семинар-кеңес өтті. Оған медицина қызметкерлері қатысты. Шараны облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Өмірзақ Ниязбеков жүргізіп отырды. Семинарда ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының басшысы Асқар Садықов баяндама жасады.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

– Соңғы 10 айдың қорытындысына сүйенсек, облысымызда сыбайлас жемқорлық бойынша 172 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 228 млн. теңге өндірілген. Олардың 86-сы соттың шешімімен қылмыстық жазаға кесілсе, қалғандары әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Осы адамдардың 19-ы басшылық қызмет атқарғандар.

Әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайдың өзінде құқықбұзушыға айыппұл белгіленіп, мемлекеттік қызмет істеуге мүлде тыйым салынады. Ең қиыны, коррупциялық карточка беріледі. Ол – ұрпағыңызға дақ салу деген сөз. Болашақта оның балалары мен немерелері мемлекеттік қызметке тұра алмайды.

Соңғы үш жылда жемқорлықпен күрес белсенді жүргізіліп келеді. Бұрын мұндай қадамға барған адамдар туралы ақпарат жасырын ұсталса, қазір адамдарға ой салу, жемқорлықтың алдын алу, оның соңы неге апаратынын түсіндіру үшін ашық көрсетілуде. Заң бойынша пара берген адам да, алған адам да қылмыстық жазаға тартылады. 2 МРП-ға дейінгі көлемде, демек, 4810 теңгеге дейін пара алу әкімшілік қылмыс болып саналады. 2 МРП-дан жоғары пара алғандар қылмыстық жазаға тартылады.

Балалардың бойын жемқорлықтан аулақ ұстау мақсатында республика бойынша мектептерде «Адал ұрпақ» клубтары жұмыс істеуде. Оған 246 мың оқушы мүше. Қазір 1-сыныптан бастап 11-сынып оқушыларына дейін жемқорлық дегеннің мемлекетке зиян келтіретінін бала жастан түсініп өсуі үшін зиянды індеттің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазір балабақшаға да мұны енгізудеміз.

Облыстағы 745 мектеп директорын толықтай тексердік. Нәтижесінде 21 директордың жемқорлыққа қатысы болғандығы анықталды. Кеңес өкіметі кезінде түрмеге отырған да басшылар бар. Оның ішінде адам өлтіргені және зорлағаны үшін де сотталғандар кездеседі. 280 директор бұрын әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Оның ішінде ішімдік ішіп ұсталғандар, төбелеске қатысқандар да бар. Өкініштісі, олар кезінде осындай қылмыстық жаза арқаласа да бүгінге дейін директорлық қызмет атқарып келген, – деді Асқар Жұмаханұлы.

Семинар барысында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, жауап алды. Жемқорлық туралы бейнеролик көріп, оның соңы неге апаратынына көз жеткізді.

Шараны қорытындылаған облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Өмірзақ Ниязбеков медицина қызметкерлерін қоғам дертінен аулақ болып, дәрігер деген абыройлы атты биік ұстауға шақырды. Медицина қызметкерлерінің мәртебесін өсіру жайында да толғақты мәселе көтерді.

■ РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

БАСЫМА БАСПАНА БҰЙЫРСА

Талай жылдан бері көкейімдегі арманым қолыма қалам алғызып, газет редакциясына хат жазуға мәжбүр етті. Ол – басыма баспана алу.

Менің жасым 91-де. Талдықорған қаласының Еркін ауылы, Қаратал көшесіндегі 109 үйде уақытша тіркеудемін.

38 жылдық ғұмырымды ұстаз болуға арнадым. Осы жылдар ішінде мұғалімнен бастап мектеп директорлығына дейінгі қызметтерді абыроймен атқардым. Еңбегім еленіп «ҚР халыққа білім беру ісінің үздігі» атағына ие болдым.

Еңбек, тыл ардагері атанған мен бүгінде II топтағы мүгедекпін. Бар ынта-жігерімді жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беруге жұмсадым. Жылдар бойы жинақтаған бай тәжірибемді шәкірттерімнің санасына құйып, өмір жолдарында пайдалы іске жұмсауды үйреттім. Шәкірттерім бүгінде үмітімді ақтап жүр.

Қанша ғұмырым қалғаны Алланың қолында ғой. Көзімнің тірісінде баспаналы болсам-ау деген арманым бар. Қалада пәтер кезегінде тұрмын.

Стан ӘЛІКЕНОВ,
зейнеткер

■ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Ағымдағы жылдың тоғыз айында облыс көлеміндегі ведомствоаралық жұмыс тобына мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру, сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасау бойынша 245 ұсыныс жолданып, оның ішінде 244-іне тиісті шаралар қолданылған. Қалған бір ұсыныс орындалу үстінде.

ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС КҮШЕЙЕДІ

Бұл жөнінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті ұйымдастырған «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанға көшіру бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелері» тақырыбында Рухани жаңғыру орталығында өткен кездесуде жан-жақты айтылды.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы ведомствоаралық жұмыс тобының кезекті отырысында 2018 жылдың тоғыз айында атқарылған істер, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанға көшіру нәтижелері тыңдалды.

Басқосуда облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Өмірзақ Ниязбеков ағымдағы жылдың тоғыз айында денсаулық сақтау саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметті электронды форматқа ауыстыру жөнінде баяндама жасады. Айта кетейік, Елбасы Н. Назарбаевтың Жолдауында мемлекеттік қызметкер мен қоғам арасындағы байланысты күшейту керектігі ескертілген болатын. Осыған орай 2016 жылдың соңында агенттік тарапынан жергілікті жерлерде ведомствоаралық жұмыс тобы құрылған. Бұл топтың басты мақсаты – облыс көлемінде мемлекеттік қызмет көрсететін органдардың жұмысын жақсарту бойынша атқарылған істерді және халық пен мемлекеттік қызметкер арасындағы байланысты күшейту.

Тоғыз айда денсаулық сақтау басқармасында және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда 3 965 458 мемлекеттік қызмет көрсетілген, оның ішінде, қағаз түрінде 960 286 қызмет атқарылған.

М. СЕРІККЫЗЫ

Jetisý

№134 (18554), 1 желтоқсан, 2018 жыл

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ қайта жазылуы тиіс



Әр халық рухани және адами қасиеттері, тарихи ұлттық құндылықтары арқылы қалыптасады. Қазақ дүниетанымы, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат даламызға ғасырлар бойы шыңдалып жетті. Тіпті, бір замандарда бабаларымыз әлемдік мәдениетке, өркениетке өзіндік үлестерін қосқаны да рас. Бұл – біз үшін мақтаныш. Мұны білу арқылы өскелең ұрпақ өзінің кім екенін, қайдан шыққанын түсінетін болады. Тарихымызда айтылуы, зерттелуі, жүзеге асуы тиіс бірқатар міндеттер жүктелген Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты руханиятымыз үшін теңдесі жоқ мақаласы жарияланып, көпшілікті қуантып отыр. Бұл еңбекті төл тарихымызды насихаттаудың, кейінгі ұрпаққа жеткізудің жолдары түгел қарастырылған әлеуметтік-тарихи, қоғамдық-саяси, этнографиялық-этнологиялық трактат деп қабылдауымыз қажет.

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері

Жарқын болашаққа ұмтылған тәуелсіз еліміздің азаматтары үшін өткен тарихты білу, құрметтеу, насихаттау қасиетті борыш болып саналады. Президент мақаласында айтылғандай, тарихымызды білу арқылы біз өз түп-тамырымызды танимыз, өткен күндердегі күрмеуі қиын мәселелердің анық-қанығына көз жеткіземіз.

Қазақ халқының тарихы тым терең. Ежелгі сақ пен ғұн дәуірінен бастау алатын көне тарихымызға дұрыс ұстаныммен зер салсақ, кейбір ру-тайпалардың атаулары қазақ атанбай тұрып болғанын білеміз. Осының өзі біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін айтылып жүрген кезеңнен тым әріде жатқанын айғақтайды.

Біздің дәуірдің I жылдығының орта шенінде Түркі дүниесі мемлекет дәрежесінде пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа дәуірдің басталғаны белгілі. Ол өркениеттің өзегіне айналып, өнер мен ғылымды, мәдениет пен сауданы дамытты. Осы орайда Ұлы Жібек жолы ежелден Шығыс пен Батысты байланыстырған үлкен стратегиялық платформа болғандығын айтып өткім келеді. Ол тек сауда айналымы үшін ғана құрылған жоқ. Онда тұтас өркениеттер бір-бірімен араласты. Шығыс өркениеті батысқа, батыс өркениеті шығысқа келді. Осылайша Ұлы Жібек жолы өркениеттердің алтын көпіріне айналды. Н. Назарбаев атап көрсеткендей, Ұлы даланың ежелгі халқы осы жолдағы сауда-саттық пен қауіпсіздіктің күшеюіне ықпал етті. Яғни, біздің ата-бабаларымыз Азия мен Еуропаның арасына байланыс орнатып, сол байланыстың нығаюына зор ықпал еткен.

Қазақ – дана халық, әскери жорықтарды жиі көрген халық. Қазақты көшпенді халық деуге болмайды. Қазақ – ата-бабалары жерленген жерлерін еш уақытта тастап кетпеген ел. Осы мекендерді айналшақтап, төрт мезгілге сай мекен еткен. Ата-бабаларымыздың қыстағы жылы, жайлауы салқын шырайлы жерлері болған. Себебі, қыста суықтан, аштықтан қырылып қалмас үшін мыңғырған малдары жайылыммен шығатын, шөп қоры мол тоғайларда, жылы жерде мекен еткен, ал жазда малға жайлы, шөбі шүйгін, қоңыр салқынды тау бөктерлерін, өзен бойларын жайлаған. Мал су ішетін құдықтардан алыстамаған. Олардың қыстаудан жайлауға көшіп тұруының экологиялық себептері бар. Біріншіден, біздің бабаларымыз бай, мыңғырған малдары бар ел болған. Өзіңіз ойлап көріңіз, қыстаққа осы мыңғырған малға шөп жинап беру мүмкін емес еді, сол себепті қыстақтағы жайылым жерлеріне шығатын шөптерді қысқы жайылымға сақтау мақсатында жаз бойы жазық далада, ал қыстығүні Іле, Ертіс, Сырдария, Талас сияқты өзендерді бойлап, көктем мезгілінде көктеуге, жаз айларында жайлауға, күз айларында күздеуге белгілі бір мезетке дейін ғана әр мезгілге сай жайылым орындарын ауыстырып тұрған, бірақ осы шеңберден мүлдем көшіп кетпеген. Сол себепті, қазақ елін көшпелі халық деуге болмайды. Көшпелі халық деп қала салып көрмеген, мәдениеті, салт-дәстүрлері қалыптаспаған «сыған-дар» сияқты ұлтты айтуға болады. Олар бұрын тұрған жерлеріне қайтып оралмайды. Ары қарай көшіп-қонып жүре беретін халықты көшпенділер деп айтуға болады. Сонымен қатар, қазақтар осы мекен еткен жерлерінен құдық қазатын жерді қалай тауып, одан су шығарып, оны қалай пайдалану керек екендігін де жақсы білген. Осы қыстау мен жайлаудың арасында көшіп қонуға, алып жүруге, пайдалануға өте ыңғайлы болған бұл – қазақтың киіз үйі. Киіз үй қыста жылы, жазда салқын болады. Киіз үй ағаш, киіз бөліктерінен және арқан-баудан тұрғанымен әрқайсысының атқаратын өз қызметі бар. Мысалы, уық – шаңырақ пен керегенің арасына дәнекер, ал шаңырақ – киіз үйдің төбесі болғанымен оның өзі екі түрлі қызмет атқарады, бірі – шаңырақты керіп тұру, екіншісі – шаңырақтың үстінен жабылатын түндік (түңлік) киіздің астына дәнекер болу үшін жасалынған және кереге санына, үйдің көлеміне байланысты оның диаметрі 2,5 метрден 5 метрге дейін болған. Ал киіз үйдің керегесіне жиілетіп ши тоқыған, ол ауа киргізіп тұрғанымен жылан, құрт-құмырсқа сияқты зиянды жәндіктерді өткізбейтіндігін де ескерген. Міне, осылардың барлығы қазақ елінің мәдениетінің, санасезімінің, ой түйсігінің жоғары болғандығын аңғартады. Бұл да табиғатты зерттеуден туған жаңалықтар.

Біздің бабаларымыз өз дәуірінде жылқыны қолға үйрету арқылы адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Жылқыны қолға үйрету, оның өмірдің барлық саласында пайдалы болуына қол жеткізу, ең бастысы оның елдік рухты оятудағы ерекше қасиетін терең меңгеріп, өзге жұрттың алдында сесі басым, серті айқын етіп жүзеге асыру адамзат дамуының эволюциялық жаңа кезеңін ашты. Жылқы феномені ұлттық феноменнің тең тарихы болып қалыптасты. Жауынгерлік рух, азаматтық айбын халықтық қолтаңба болып танылды. Осының бәрі біздің Ұлы даламыздан тарады. Біздің ата-бабаларымыз жылқының үстіне мінгеннен кейін арақашықтық деген сөз болмай қалды. Себебі жылқыға мінген халыққа жүздеген, мыңдаған шақырым түк емес болып қалды. Жылқының қымызын ішіп, етін жеп, үстіне мінген адамның көңіл-күйі өте жоғары, дені сау, энергиясы тасқын судай тасып тұрады. Қымыздың пайда болуына 6,5 мың жылдай уақыт болыпты. Оны жақында дүниеден озған, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, атақты археолог К. Байпақов бастаған еліміздің маңдайалды ғалымдары мен ағылшын ғалымдарының бірлескен «Ботай» мәдениеті археологиялық экспедициясы барысында қымыздың қалдықтары бар үлкен құмыралар табылып, оның бие сүті қымыз екені дәлелденді. Шөп тағамдарын жеген халыққа қарағанда мал етін жеп, сүтін ішкен халық ерекше мықты болады. Осындай жылқы үстінде жүріп ата-бабаларымыз кең-байтақ жерімізді болашақ ұрпақ үшін қорғап, сақтап қалғандарын естен шығармауымыз керек. Осы жылқыдан келіп шығады, V-VI ғасырларда көне түріктер үзеңгіні Батыс Еуропаға апарды. Ал үзеңгінің үстінде тұрған аттыадамның найза атқаны, қылыш сермеуі ат мәдениетінде үлкен жетістік болды. Жылқыны үйрету барысында шалбар, етік, қос дөңгелекті арбаны ойлап тапты. Бұл еуропалықтардың паравозды ойлап тапқан жаңалығынан кем емес. Осының негізінде қазіргі таңда мініп жүрген автомобильдеріміз пайда болып, жылқының күшімен есептелетіні сондықтан. Қазіргі таңда дүниежүзі бойынша, механизм заманында көлікті дөңгелексіз елестету өте қиын. Дөңгелекті ойлап табу сол жылқы мәдениетімен тікелей байланысты. Ең алғаш рет қос дөңгелекті, төрт дөңгелекті арбаларды Ұлы даламызда мекен еткен ата-бабаларымыз Египетке, Қытайға, Еуропаға апарды. Атты қолға үйрету негізінде сол замандарда егіншілік мәдениеті бар үлкен қалаларда тұратын егінші халықтардың бір-бірімен етене араласып, өркениеттің дамуына өз әсерін тигізді. Сондықтан жылқы тарихтың қозғаушы күшті генераторы десек те болады. Түркілердің атты әскеріне тең келетін күш болмады адамзатта.

Қазақ елі тарихта өшпестей ізі мен өнегелі ісін қалдырған ұлы тұлғалардан да кем емес. Ұлы дала көптеген ұлы тұлғаларды – батырлар мен билерді, абыз жырауларды, от ауызды, орақ тілді шешендерді тарих сахнасына алып келді. Сол ұлы тұлғалардың бірегейі әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай сынды ұлы тұлғалар шоғырының шоқтығы қашанда биік. Ұлы даланың даңқын көкке көтерген де дәл осы тұлғалар. Ата-бабаларымыздың мұрасын дәріптеу – бүгінгі ұрпақтың жай міндеті емес, қастерлі міндеті. Бұл салада ашылмаған сыр өте көп.

Елбасы «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқуағарту энциклопедиялық саябағын ашу керектігін атап өтті. Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырыспен қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі майталмандар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу керектігін айтты. Бұл өз кезегінде, біздің қаһармандарымыздың өмірі мен қызметін елімізге ғана емес, шетелдерге танытуға да зор мүмкіндік тудыратыны даусыз.

Осы уақытқа дейін түрлі себептерге байланысты айтылмай келген дүниелердің қыр-сырын ашудың, тарихымызды тереңірек зерттеудің сәті түсіп отыр. Қазақ жерінде әлі де зерттелмеген, құпиясы әлі де ашылмаған талай құнды жәдігерлердің сырын ішке бүгіп жатқанына сенімдімін. Соларды зерттеу, құпиясын ашу, оларды кейінгі ұрпаққа насихаттап, жеткізу шараларын қолға алу – біздің басты парызымыз. Президент ұсынып отырған жаңа концептуалдық жүйемен қазақ елінің тарихы жазылса игі іс болар еді.

Болашақта әрбір тарихи деректің қадірін біліп, оны әлемдік негізде маңызы бар басқа деректермен салыстыра қарастыра отырып, қазақтың ешкімге ұқсамайтын төл тарихын жазу міндеті тұр. Президент ұсынып отырған ғылыми-концепциялық ұстанымды жүзеге асыру ісінде музейдің, архивтің деректеріне, сан қырлы басқа да деректерге сүйеніп, ал ең бастысы басқа халықтардың жетістігімен салыстыра қарастырып, дүниежүзілік тарихи дамудың заңдылығына сәйкес өзіндік ерекшелігін көрсете отырып, кең арнада, кең ауқымда жалпыадамзаттық негізде жазылса, құба-құп. Сонымен қатар, Қазақстан елін әлемдік аренада таныта білу үшін тарихтың бір нұсқасын ағылшын тілінде жазу керек.

Шынын айту керек, қазақ елінің көптомдық тарихы әлі күнге дейін толық қалыптаса алған жоқ. Біздің тарихымыз бар болғаны бес томнан аспай келеді. Тәуелсіздік алғалы бері тарихшылардың деректерді ғылыми айналымға түсіруіне ешкімде кедергі жасаған жоқ. Мемлекет тарихты зерттеуге қажетті қаржыны да бөлып отыр. Алда да солай болады деп үміттенеміз, себебі Президенттің жарық көрген жаңа мақаласындағы тарих тұрасындағы толғамды ойы осыны аңғартады.

КӨКІРЕК КӨМБЕМІЗГЕ ҚҰЙЫЛҒАН КӘУСАР



Елдің талқысында жүрген Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы ұлттың көкірек көмбесіне құйылған кәусар бұлақ іспетті. Ол рухани құндылықтарымызға шөліркеген жұрттың сусынын қандырып қана қоймай, кемелденуіне алтын көпір болмақ. Сахараның төсін сүйіп, түйе өркешін ықтап өскен қазақтың қасиетін тізіп шыққан бұл жазбада ақиқаттың дәні бар. Дүбірі көп, дүрбелеңі мол аумалы-төкпелі заманды басынан өткізген бабаларымыздың асыл мұрасы, сүйекті сөзі де бедерленген.

Жас шыбықты отқа қыздырсаң күймей, қайта қатая түспей ме? Сол сияқты біздің тарих та әбден шыңдалған, сүзгі мен небір сынақтан өткен Тәңірдің қолжазбасы тәрізді. Оны қадірлеу болашаққа серт. Осы орайда Ұлт Көшбасшысының ұтымды әрекеті жастардың санасына сәуле құяры сөзсіз.

Мен бұл мақаланы оқи отыра Алтай мен Атыраудың арасын, Ертіс пен Есілдің жағасын мекендеп, Қаратаудан Ұлытауға дейінгі Ұлы Даланы жайлаған ұлтымыздың ұлылығына, бабаларымыздың батырлығына тағы бір мәрте қанықтым. Содан ба көзіме көктемгі балаусадай ыстық көрінді.

«Жаяу жүрсе – бір қазақ, атқа мінсе – мың қазақ» демекші, ертегідей ескі заманның өзінде даланың дүлділі сәйгүлікті қолға үйретіп, адамзат баласына атқа міну мәдениетін қалыптастырып, тасты талқандап, болатты балқытып, темірден түйін түйіп, дала заңына бас ұрған данышпан қазақ екені тайға таңба басқандай жазылған бұл мақалада.

Баласы атқа шапса, анасы үйде отырып тақымын қысқан қазақтың жылқы деген де шығар жаны бөлек. Әлде ауылда жүйрік мініп өскендігімнен бе, тұлпарға қатысты тіркестердің бәрі Алашқа ғана тән сияқты көрінеді маған. Қазақ әлімсақтан бері жаз жайлауда, қыс қыстауда күнелткен халық қой. Малдың жайылымына орай көшіп-қонып жүруге дағдыланған. Атам заманда қолға үйретіліп, адамзат баласының қажетіне жаратқан жылқы түлігі ең қадірлі мал саналған сол дәуірде.

Сондықтан да қазақ пен жылқы түлігі егіз ұғымдай қосарланып айтылады. Өзі қазақтың сәйгүлік десе ішкен асын жерге қоятын әдеті бар ғой. Кім білсін, әлем халықтарының бізді «аттылар әулеті» деп тануы содан да болар. Десе де, ұлан-ғайыр даланың, ұлан-байтақ өлкенің ұлы тұрғындарының тыныс-тіршілігі, өмір-салты, өнер-білімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, салтанаты, бір сөзбен айтқанда, бүкіл мәдениеті жылқы түлігімен тығыз байланысып жатқаны жанға шырай беретіндей. Осы бір қасиетті түліктің қазақ халқы үшін атқарған қызметі зор. Тіпті, ұлттық сана-сезім, рухани болмыс, мәдениет пен өнерінің тұтас бір айырылмас бөлігіне айналып кеткенімен де ерекше. Жарынан кейінгі жақсы көретін жан серігі, қасиеті қанына сіңген – жануар.

Қазақ баласы жылқыны төресіндей көретіні сондай «қазақ – жылқы мінезді» деп өзінің жан дүниесінің айқындаушысына айналдырып алған. Демек, қазақ үшін жылқы тектіліктің бірден-бір нышаны болып саналады. Бұлай өзінің жаратылысына жылқыдан ұқсастық іздеу – тек қазаққа ғана тән қасиет. Әрі бұл – қазақтың осы түлікке деген аса жоғарғы құрметінің белгісі. Жылқының дүбіріне, күліктің күмбіріне құлақ қойып, елең етпес қазақ баласы, сірә, жоқ шығар. Жер бетінде жаратылысынан табаны жер иіскемеген бекзат бір халық болса, сол қазақ болуы керек. Қазақтың ең кедейінің астында кем дегенде бір «көк шолағы» болған. Осы ат – көліктің арқасында Алаш баласы Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасын жалғады. Алып аумаққа иелік етті. Мұны Елбасымыз өз сөзінде анық аңғартты. Ұрпаққа біздің қандай ұлы халық екенімізді паш ете білді.

Сонымен қатар, мақалада айтылған адамзаттың ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабиді өмірге әкелген орны бөлек Отырар, Қожа Ахмет Яссауи ілім алған Түркістан қалаларын тарих сахнасында қайта жаңғыртып, «Түркі өркениеті: түптамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобасы негізінде бейбітшіліктің символына айналған ажарлы Астанамыз түркітілдес халықтардың ортақ үйіне айналары айдан анық.

Бұл мақала ел-жұрттың көкейінде жүрген толғақты дүниелерді тап басты. Кешегі дейін тарихымыз жоқ, мемлекеттілік болмаған дейтін сыңаржақ пікірді жоққа шығарды. Сонысымен де айшықты бола түскендей.

Ендігі міндет – Ұлы Даланың тарихи жолын қоғамымызға, өсіп келе жатқан ұрпағымызға терең түсіндіріп жеткізу. Осыған орай, өткеніміз бен келешекті байланыстыру арқылы халқымыздың тарихи санасын жаңғырту мақсатына бірлескен күшпен жететінімізге сенімім мол.

Дүйсенбек НҰРЛАНОВ,
«Өтес-Био Азия» ЖШС директоры

ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ

«Q Mobo» ЖШС компаниясы 2016 жылдан бастап ет өнімдері саласында жұмыс істеп келеді. Компания басшысы Ольга Федосеева өз қаражаты есебінен Талғар ауданындағы тұрғын емес үй-жайларды сатып алып, «Добровъ» фермерлі үйі» сауда белгісімен жартылай фабрикаттар (бұршақ, манты) және шұжық өнімдерін шығаратын желі құрды.

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ ЗОР

Компания Алматы және Алматы облыстарында ғана емес, сонымен қатар, республиканың басқа да өңірлерінде танымал. Мемлекеттік қолдауды пайдалана отырып компания ет өнімдерін өндіруге арналған өндірістік желі сатып алды. Бүгінде қолданыстағы жабдықтың өндірістік қуаты тәулігіне 8 тоннадан асады.

Несие «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің «Бизнестің жол картасы – 2020» қолдау және бизнесті дамытудың мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағыты бойынша жылдық көлемде 14 пайызбен алынды, оның 10 пайызын мемлекет субсидиялайды. Сонымен қатар, «Даму» қоры кепілдік берді.

Аталған қорда егжей-тегжейлі кеңестер беріледі және екінші деңгейлі банктер шешім қабылдағанға дейін жобаларын сүйемелдеу бойынша қызметтерді тегін көрсетеді. **Анықтама телефондары: 8 (7282) 55-87-10.**

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ БАҚЫЛАУДА

Қыс қыспайды деме... Сондықтан отын қорын уақытылы әзірлеп, оны көктем шыққанға дейін молынан жеткізіп, жылыту кезеңін ойдағыдай өткізу күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі. Көмірдің сатып алу бағасы да белгіленген шектен аспауы тиіс. Бұл туралы аудан, қала басшыларымен өткен селекторлық кеңесте облыс әкімінің орынбасары Айдарбек БАЙЖАНОВ айтты. Сондай-ақ, жиында осыған қатысты басқа да мәселелер сөз болды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
“Жетісу”

Жиынға облыстық басқармалар мен департаменттердің басшылары, «ҚТЖ-жүк тасымалдау» АҚ, көлік саласы, қатты отын қоймаларының өкілдері мен коммуналдық мекемелердің басшылары шақырылды. Тікелей эфир арқылы байланысқа шыққан Айдарбек Естебекұлы алдымен күн тәртібінде қаралатын негізгі мәселелермен егжей-тегжейлі таныстырып өтті. Бұдан соң білім, денсаулық сақтау, мәдениет салаларының қызметкерлері хабарлама жасап, қыс айын еш кедергісіз өткізу бағытында нендей жұмыстардың атқарылып жатқандығын баяндады.

Басқосуда жылыту маусымына қатысты көкейкесті мәселелер қозғалып, орын алған кемшіліктер де тізбектелді. Әрине, оған сын-ескертпелер де айтылмай қалған жоқ. Сөйтіп, мәселенің оң шешімін табу жолдары бүге-шігесіне дейін қарастырылды. Осыған байланысты бірқатар аудан, қала басшылары тыңдалып, туындаған сұрақтарға жауаптар берілді.

Селекторлық кеңесте халықты көмірден тарықтырмау, бюджеттік ұйымдарды отынмен қамтамасыз ету, тарифтерді төмендету, төтенше жағдай туындатпас үшін білім беру нысандарындағы ескірген және апатты жағдайда тұрған жылыту қазандықтары мен пештерді уақытылы ауыстыру, олардың орнына блоктымодульдік қазандықтар орнату, газға көшу, иесіз тұрған электрмен жабдықтау жүйелерін сенімді басқармаларға өткізу, орталықтандырылған жылу жүйелеріне қосылу сынды мәселелер жан-жақты талқыланды.

Облыс әкімінің орынбасары, сондай-ақ, жылу және сумен жабдықтау, кәріз жүйелеріндегі беті ашық құдықтардың адам өмірі үшін қаншалықты қауіпті екендігін сөз ете отырып, оның қақпақтарын түгендеуге байланысты бірқатар міндеттеме жүктеді. Бұған ерекше мән беріп, бұл бағыттағы жұмысты күшейту керек екенін ескертті.

Облыс бойынша 325,6 шақырымды алып жатқан иесіз электрмен жабдықтау желілері және 46 дана трансформаторлық қосалқы стансы бар. Қазір бұл да күрмеуін тарқатуды талап етіп тұрған мәселенің бірі. Осыған байланысты электрмен жабдықтау желілерін «ТАЭТК» АҚ және «АЖК» АҚ балансына сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі жұмыстардың аудандар мен қалаларда әлі де болса өз деңгейінде жүргізілмей отырғаны сынға алынып, себеп-салдары сұралды. Сонымен бірге энергетикалық кәсіпорындарда авариялық жағдай туындаған сәтте электрді тез арада ажырату бағытында қандай жұмыстар жүргізіліп жатқандығы сөз етілді.

Жиында белгілі болғанындай, облыс бойынша барлығы 1,5 млн. тонна көмір қажет. Бүгінде соның 94 пайызы тұрғындарға жеткізілген. Халықты көмірмен қамтамасыз етуде Ақсу және Қаратал аудандары төмен көрсеткішке ие, яғни, Ақсу ауданы 65 пайызды, Қаратал ауданы 69 пайызды құрап отыр. Осы ретте облыс әкімінің орынбасары аталған аудан басшыларынан мәселеңіз мәнісін қатаң сұрады.

Айта кетейік, облыс әкімдігі мен отынды бөлшек сауда арқылы өткізушілер арасында көмір бағасын төмендету бойынша меморандум жасалған болатын. Онда көмір тоннасының бағасын орта есеппен 14,0 мың теңгеден 13,2 мың теңгеге дейін түсіру мақсатында Шұбаркөл көмір разрезі иелерімен 18 меморандум, 14,3 мың теңгеден 11,9 мың теңгеге дейін төмендету жөнінде Қаражыра иелерімен 13 меморандум жасалды. Аталған меморандумдарға сәйкес көмір бағасын қалыпты жағдайда ұстап, көмір тапшылығы мен алып-сатарлықты болдырмау мақсатында тапсырма берген Айдарбек Естебекұлы бұл жағдайды ерекше бақылауға алып, жұмыстар жүргізу қажет екенін сала қызметкерлерінің назарына салды.

ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТ

«Алматы – Өскемен» күрежолының бойындағы жанар-жағармай құю бекеттерін Ұлттық стандартқа сәйкестендіру жұмысы бүгінде күн тәртібінде тұр. Бұл мәселе облыстағы депутаттардың да назарын аудара бастады. Өйткені осы жайт төңірегінде жолаушылардан түскен шағымның көбеюі мәселенің әлі де шешімін толық таппағанын көрсетеді. Осыған орай өткен жолы облыстық мәслихат пен «Қазавтожол» ҰК» АҚ тарапынан арнайы комиссия құрылып, Талдықорғаннан Алматыға дейінгі жол бойындағы нысандарды аралап, орын алған кемшіліктерді анықтап, түзетуге тиісті жерлерін нысан иелеріне ескерткен болатын.



ӨЗГЕРІС КӨП, КЕМШІЛІК ТЕ ЖОҚ ЕМЕС

Қажет АНДАС,
“Жетісу”

Міне, содан бері бір жарым ай уақыт өтті. Комиссия мүшелері өткендегі ескертулердің орындалу барысын қайта пысықтап шығу үшін тағы да тексеру жұмысын жүргізді.

– Алматы – Талдықорған жолы қолданысқа берілгелі жүргіншілердің жүгі жеңілдеді. Бұрындары 4-5 сағатта әзер жететін жерге енді оның жартысындай ғана уақыт кетеді. Бүгінгі заман талабымен салынған тақтайдай жол тұрғындардың талабынан шықты. Бірақ жол бойындағы жанар-жағармай құю бекеттерін Ұлттық сатандартқа сәйкестендіру ісі әлі де ақсап тұр. Қазір бұл мәселеге облыстық мәслихаттың депутаттары араласа бастады. Бәріңізге белгілі, өңірімізде кәсіпкерлікке кең өріс ашылды. Облыстық әкімдік тарапынан да бизнестің өркендеуіне көп қолдау жасалуда. Ендеше, бизнесте заман талабына сай жұмыс жүргізгені жөн деп санаймын, – дейді облыстық мәслихаттың депутаты Әли Алпысбаев.

Бір байқағанымыз, жағдай бұрынғыдан көп өзгерген. Ескертілген кемшіліктің көбі дұрысталып, жұмыс өз ырығына түскен. Бірақ комиссияның ескертпесін орындамай, салғырт қарағандар да табылды. Әсіресе, Қапшағай қаласының Шеңгелді ауылына орналасқан жанар-жағармай құю бекеті дені түзу бір дәретхана сала алмапты. Осы жолы да: «Кемшілікті 2-3 күнде орнына келтіреміз», – деген уәдемен құтылды.

Жол бойындағы халыққа қызмет көрсететін нысандарды Ұлттық стандартқа сәйкестендіруге Үкімет үш жыл уақыт берді. Оның үстіне аталған бекеттің иесі алдыңғы жолы кемшілікті түзетеміз деп өз аузымен айтқанын естіп едік. Демек, үш жылда салынбаған дәретхана енді 2-3 күнде орнына келеді дегенге сену қиын. «Қазавтожол» ҰК» АҚ мамандары бұл келеңсіздікті заңды тәртіппен шешетінін жеткізді. Есесіне, өткен жолы кемшіліктері көрсетілген өзге нысандар бәрін қалпына келтіріпті. Айта кетерлігі, «Royal Petrol» және «Газпромнефть» жанар-жағармай құю бекеттерінің жағдайы Ұлттық стандарттың барлық талабына сәйкес келеді. Дегенмен, «Royal Petrol» жанар-жағармай құю бекеттеріндегі дәретханалар ақылы қызмет көрсетуде. Ондағы қызмет құны 50 теңгені құрайды. Бірақ аталған бекеттің қызметкерлері дәретхананы кілттеп қоятыны белгілі болды.

– Біз май құю бекеттерін абаттандырылған дәретхана салуға міндеттегенімізбен оны ақысыз жаса деп талап қоя алмаймыз. Бірақ бұл жерге көліктеріне жанар-жағармай құятын жүргіншілер тоқтайды. Демек, оларға ақылы қызмет көрсетіледі. Сондықтан дәретханалардың ақысыз болғаны жөн деп ойлаймын. Ол тәулік бойы ашық тұруы керек, – дейді облыстық мәслихат депутаты Өтеғали Юнусов.

Жол бойындағы жанармай құю бекеттерін Ұлттық стандартқа сәйкестендіреміз деген «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ Алматы облыстық филиалы енді жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты сервистік нысандарды өздері сала бастапты.

– Биыл «Талдықорған – Алматы» автожолының бойындағы екі нүктеге жолаушыларға заманауи қызмет көрсетудің барлық түрі қамтылған құны 23 млн. теңге тұратын «KazWay» модельді сервис павильон салуды қолға алдық. Оның бірі Талдықорғанға кіреберіске, енді бірі Арқарлы асуында салынуда. Келесі жолы «Алматы – Қорғас» автожолының бойына осындай төрт павильон салынады, – дейді «Қазавтожол» ҰҚ» АҚ облыстық филиалының маманы.

Осылай жақсы істерді көріп, кемшіліктерді байқаған комиссия мүшелері тексеріс жұмысын алдағы уақытта да жалғастырмақ.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisy

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№137 (18557)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 11 желтоқсан, 2018 жыл.

АНДАТПА

БРИФИНГ ӨТЕДІ

2018 жылғы 12 желтоқсанда сағат 12.20-да Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Орталық коммуникациялар алаңында Алматы облысының әкімі **Амандық БАТАЛОВТЫҢ** қатысуымен «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен мемлекеттік және салалық бағдарламалардың орындалуы» тақырыбында брифинг өтеді.

Брифингтің онлайн-көрсетілімі республикалық «Хабар 24» телеарнасы арқылы және Орталық коммуникациялар қызметінің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында жүргізіледі.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

Жылдағы дәстүр бойынша биыл тағы да аудан, қала әкімдері облыс басшыларының алдында есеп беріп, осы жылдың он айында атқарған жұмыстарын қорытындылады. Бұл ретте Ескелді, Көксу аудандары мен Текелі, Қапшағай, Талдықорған қалалары әкімдерінің есебін облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов тыңдап, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму барысын бағамдады.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕЕВ

ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӨРЕЛІ ІСТЕР

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Алдымен мінберге көтерілген Ескелді ауданының әкімі Бағлан Тәнекенов осы жылдың 10 айында жоспарланған меженің толық орындалғанын жеткізді. Оның айтуынша, ауданның жалпы ішкі өнімі артып, қолданысқа берілген нысандардың да қатары көбейген. Инвестиция көлемі көбейіп, халықтың әл-ауқаты арта түскен. Әсіресе, аталған аудан қант қызылшасын өсіру, баптау, жинау жұмысына баса назар аударыпты.

Биыл 2236 гектар жерге қант қызылшасын еккен ескелділіктер ойдағыдай өнім алып, шикізатты Көксу қант зауытына өткізіп, тиісті қаражат пен демеуқаржыға ие болған. Сондай-ақ, Ислам даму банкінің облыстағы ирригациялық жүйелерді жаңғырту бағытындағы жұмысы осы ауданда басталғаны белгілі. Келесі жылы аудандағы шаруашылықтарды үлкен өзгеріс күтіп тұр. Бақтыбай ауылындағы «Дүйсенбінов» шаруа қожалығының иесі Айдын Қасымұлының Бақтыбай ауылында кеңес кезінде салынып, тоқырау жылдары қаңырап қалған базаны қалпына келтіріп, 700 бас тоқтыны бағуға алды. Соныман қатар, 9 гектар аумақты қоршап, абаттандырды. Тағы да ірі қара ұстайтын қораны жаңалап, алдағы уақытта «Алатау» тұқымды сүтті сиырларды бағып, тауарлы-сүт фермасын құру ойында.

Аудан экономикасындағы табыс пен ел-жұрттың осындай жаңалықтарын тізіп шыққан аудан басшысы келесі жылдың жоспарымен де бөлісті. Сол қатарда Шажа өзеніне ГЭС салу, ирандықтармен бірлесіп тауарлы-сүт фермасын құру, «Тау Жетісу» демалыс аймағының мүмкіндігін ұлғайту, Қарабұлақ қант зауытын қайта қалпына келтіру сияқты ірі жобалар бар. Сондай-ақ, өңір басшысы күрделі және ағымды жөндеу жұмысын жүргізуге тиісті әлеуметтік, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, балабақша, тағы да басқа нысандарды таныстырып, оған облыстық бюджеттен тиісті қаржы бөлінуін сұрады.

Көксу ауданының он айдағы жетістігі де көңіл қуантады. Аудан әкімі Алмас Әділдің айтуынша, биылғы жылға жоспарлаған 21 тапсырманың 8-і орындалып, қалған жоспар бойынша жұмыс атқарылуда. Көксулықтар үшін Көксу қант зауытының рөлі ерекше. Сондықтан аудандағы ауылшаруашылық тауар өндірушілердің десі басым. Соның ішінде 2 мың гектар жерге қант қызылшасы себіліп, 74 мың тонна өнім жиналған. Сондай-ақ, екі тауарлы-сүт фермасын салып, мал шаруашылығы өнімін өндеуге кірісті. Облысымызда баламасы жоқ «Каримов-К» тауарлы-сүт фермасының көлемін ұлғайту жұмысы да жүйелі жалғасуда.

Көл бойындағы Қапшағай қаласының дамуы көз ілестіретін түрі жоқ. Былай қарағанда қала деп аталғанымен, әсіресе, көл бойындағы демалыс нысандарының көлемі артқан сайын демалушылар саны да жыл сайын көбеюде. Оның үстіне қаладағы өндіріс орындарының, ГЭС-тардың қатары көбейіп, қала экономикасы мен тұрғындардың әлеуеті арта түскен. Қай жағынан қарасаң да өсу мен өркендеу бар. Бір қуанарлығы, Қапшағай қаласының өндіріс орындары өркендеумен қатар басқа саладағы жетістігі де жұртты сүйсіндірді. Қала әкімі Талғат Қайнарбековтің айтуынша, ауылшаруашылығы саласы өркендеп келеді. Сондай-ақ, қаладағы білім беру, денсаулық сақтау, басқа да әлеуметтік нысандарды салу, жаңғырту, күрделі жөндеу жұмыстары облыстағы аудан, қалаларға үлгі болады. Кәсіпкерлік саласының өркендеуі де ел аузынан түспей тұр. Ең бастысы, Қапшағай қаласы Елбасының тапсырмасымен атқарылып жатқан «7-20-25» бағдарламасы бойынша облыста көш бастап келеді. Келесі жылы осы мақсатқа салатын жаңа ғимараттар бой көтеріп, қала халқының қуанышын еселей түсетіні анық. Сонымен қатар, Қапшағай қаласының келесі жылға жоспарлаған істері де қомақты. Ірі жобалардың саны да көп. Әсіресе, көл бойындағы демалыс аймағын абаттандыруға қатысты жоба көпшілікті қызықтырды. Егер бұл жоба толығымен іске асса жазғы шомылу маусымында Қапшағайға келетін демалушылардың қатары бірнеше есеге көбейеді.

Текелі қаласы өлкеміздегі туризм саласын дамытуға қолайлы өңір. Десе де, оның өзге саладағы жетістігі де қомақты. Қала әкімі Бақтияр Өнербаевтың айтуынша, осы жылдың 10 айында 16,4 млрд. теңгенің өнімі өндіріліпті. 4,7 млрд. теңге инвестиция тартылып, 2,3 млрд. теңге көлемінде ауылшаруашылық өнімі өндірілген. Қаланы абаттандыру, жарық, жылу, электр желілерін жаңғырту, әлеуметтік нысандарды күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізу ісі де өз деңгейінде атқарылған. Қаланың кәсіпкерлік саласының дамуы да өткен жылмен салыстырғанда тым жоғары. Олар келесі жылы инвестиция көлемін 6,1 млрд. теңгеге жеткізуді жоспарлап отыр.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айтылса, елдің ең алдымен Талдықорған қаласына назары ауатындығы анық. Десе де, облыс орталығындағы оң өзгерістер көңіл қуантады. Оны Талдықорған қаласының әкімі Дастан Шалтабаевтың есебінен білдік. Оның айтуынша, осы жылдың он айында қаладағы өнеркәсіп саласының, бөлшек тауар айналымы мен құрылыс жұмыстарының, негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі өткен жылдың ұқсас мезгілімен салыстырғанда жоғары көрсеткішпен аяқталған.

Келер жылғы жоспар да ауқымды. Қала әкімінің айтуынша, қазір «Талдықорған» индустриялық аймағында 5 жоба жүзеге асырылуда. Соның ішінде «Лунюань Жетісу» етті қайта өңдеу зауыты келесі жылы іске қосылады. Құны 4,5 млрд. теңге болатын 3 жобаның құрылыс жұмысы сәуір, мамыр айларында басталса, 4 жаңа өндірісті іске қосу және 2 жұмыс істеп тұрған өндірісті кеңейту қарастырылуда. Елбасының тапсырмасына орай «7-20-25» бағдарламасын жүзеге асыру үшін 8-ші шағынауданда жалпы аумағы 102,0 мың шаршы метрді құрайтын көпқабатты үйлердің құрылысын қолға алу жоспарлануда. Келесі жылы да қалада атқарылатын жұмыс көп. Соның ішінде қаладағы №2-ші қазандықты газға ауыстырып, қуаттылығын 2 есеге ұлғайту жобасы көпшілікті қызықтырса, аулаларды абаттандыру ісі де тұрғындардың қуанышын еселей түсетін болады. Қаланы газдандыру жұмысы да келесі жылы жоспардағыдай жүргізіліп, қала маңындағы елді мекендерге көгілдір газ жететін болады.

Аудан, қала әкімдерінің есебін мұқият тыңдап шыққан Лаззат Махатұлы өз тарапынан да сұрақтар қойып, мәселені шешудің жолын қарастырды. Сонымен қатар, облыс әкімінің бірінші орынбасары «7-20-25» бағдарламасының орындалуына ерекше назар аударып, аудан, қала басшыларына бұл бағыттағы жұмысты тыңғылықты істеуді тапсырды.

ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА

КҮН және ЖЕЛ электр стансылары іске қосылды

Қазақстанның энергетикалық кешені жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) екі нысанымен толықты. Алматы қаласында қуаты 1 МВт күн электр стансысы (КЭС) және қуаты 5 МВт жел электр стансысы (ЖЭС) іске қосылды. Осыған орайластырылған салтанатты шара КЭС орналасқан «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында өтті.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Жоба Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтерінің арасында жасалған келісім аясында іске асырылды. Оның операторлары ретінде Қазақстан тарапынан «Самұрық-Энерго» АҚ, Қытай тарапынан «Powerchina Zhongnan Engineering Corp. Ltd» компаниясы белгіленді. Құжатқа сай Қытай тарапы Алматы қаласындағы КЭС-тің және Еңбекшіқазақ ауданындағы Нұрлы кентінің маңында орналасқан ЖЭС-тің құрылысын аяқтап, Қазақстан тарапының меншігіне тегін өткізеді. Өз кезегінде «Самұрық-Энерго» құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жағдайдың бәрін жасады. Соның ішінде құрылыс алаңдарын сумен, электрмен, күре жолдан бастап құрылыс алаңына дейінгі кіреберіс жолмен жабдықтады. Сондай-ақ қытайлық серіктестеріне жабдығын кедендік декларациялау, визалық қолдау көрсету, қажетті құжаттамасын рәсімдеу, рұқсаттама қағаздарын алу, орындайтын жұмыстарының сапасын бақылау секілді істерге көмек көрсетеді.

Стансыларды іске қосу рәсіміне қатысқан «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Бақытжан Жоламанов мемлекеттер арасында орнатылған «жасыл көпір» ЖЭК пайдалану саласында одан әрі тәжірибе алмасуға бағытталғанын айтып өтті. Бұл Қазақстанның өзіндік ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуға, Қазақстанда ғылыми және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін жағдай жасауға, «жасыл энергетика» саласындағы мамандарды оқытып, даярлауға мүмкіндік бермек. Қазақстандағы аса ірі энергетикалық холдингтің басшысы, сондай-ақ, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның экологиялық таза электр энергиясын өндіру саласында көшбасшы болып табылатынын және ЖЭК нысандарын операциялық басқару, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету саласында тиісті білімі мен тәжірибесі бар екенін сөз етті.

Нысандарды құруға «CITIC Construction Co, Ltd» компаниясы бас мердігер болды. Ол Қытайдың «жасыл энергетика» саласында кешенді қызмет көрсететін аса ірі мемлекеттік инвестициялық корпорацияларының бірі. Компанияның Шығыс Еуропа және ТМД департаментінің бас директоры Ли Цзяньхуэй мырзаның сөзінше, қуаты 1 МВт КЭС-тің жобасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары өткен жылғы желтоқсанда басталып, биылғы қазан айында аяқталған. Ал қуаты 5 МВт ЖЭС-тің жобасы бойынша жұмыстар наурыз бен қараша аралығында атқарылған. Күн стансысы екі типті: еңкею бұрышы бекітілмелі және реттелмелі металл конструкцияда орнатылған 3 608 фото электр модульдерден тұрады. Жел стансысының құрамында әрқайсының қуаты 2,5 МВт болатын, қытайдың GoldWind компаниясы жасап шығарған екі жел энергетикалық қондырғы бар.

Айта кетейік, Қазақстандағы жаңартылатын энергетика секторын дамытуды қолдау жөніндегі алғашқы заңнамалық бастамалар – жылу және электр энергиясын өндіру кезінде жаңартылатын көздерді пайдалануды қолдауға бағытталған, «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заң 2009 жылы қабылданған болатын. 2013 жылы жаңартылатын энергетика секторын мемлекеттік қолдау тетігі іске қосылды. Ол жаңартылатын энергия көздері өндіретін бүкіл электр энергиясын бекітілген тарифтер бойынша кепілді түрде бір орталықтан сатып алуға негізделген.

Бүгінгі таңда «Самұрық-Энерго» АҚ жаңартылатын энергия көздері саласындағы екі жобаны: Қапшағай қаласындағы қуаты 2 МВт КЭС-ті («Samruk-Green Energy» ЖШС) және Ерейментау қаласындағы қуаты 45 МВт ЖЭС-ті («БЖЭС» ЖШС) іске асырды. Биылғы 10 айдың өзінде бұл нысандарда өндірілген электр энергиясы 134,4 млн. кВт сағатты құрады.

БӘРЕКЕЛДІ!



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Тәуелсіздік мерекесіне орай орман шаруашылығы мекемелеріне 7 жаңа автокөлік сыйға тартты. Осыған орай облыстық орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде автокөлік кілттерін табыстау рәсімі өтті.

Айдар ҚАЛИЕВ,
"Жетісу"

Шара облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Айбек Қонақбаевтың алғысөзімен бастау алды.

– Құрметті қауым, баршаңызды Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы істеріңіз табысты болсын. Еліміз аман, іргеміз бүтін болса қазақ елінің алар асуы мен шығар биігі әлі алда. Халқымыздың береке-бірлігі артып, мемлекетіміздің айбыны асқақтай берсін! – деді ол.

Өз кезегінде сөз алған облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басшысының орынбасары Қанат Нүсіпбаев: «Жалпы облыстық орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемелері қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жағынан республика бойынша алғашқы орында тұр. Соның жарқын дәлелі – бүгінгі шара. Шілдеден бастап орман шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысы 20 пайызға өсті және Елбасының тапсырмасына сәйкес қаңтар айынан бастап тағы 25 пайызға көтеріледі», – дей келе жұртшылықты мерейлі мерекесімен құттықтады.

Осыдан кейін облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Айбек Сапарбекұлы автокөлік кілтін табыстады. Атап айтсақ, Алакөл, Бақанас, Нарынқол орман шаруашылығына «Нива Шеврале», Үйғыр, Үйгентас, Жоңғар, Бақанас орман шаруашылығына «Нива Урбан» автокөлігінің кілті табысталды.

Жиын соңында шараға жиналған қауым орман шаруашылығы қызметкерлерінің еңбектері елене берсін деп ақ тілектерін ақтарды.

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

Тұрғындар тілегі ЕСКЕРІЛДІ

Алматы қаласындағы облыс әкімінің өкілдігінде облыс әкімінің орынбасары Айдарбек БАЙЖАНОВТЫҢ төрағалығымен алқалы жиын өтті. Оған облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басшысының орынбасары Нұрлан Шаяхметов, «Жетісу-ОблГаз» ЖШС бас директоры Владимир Тохтасунов және өлкедегі көгілдір отынмен айналысатын кәсіпорындардың басшылары қатысты.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ,
"Жетісу"

Айдарбек Естебекұлы облыс бойынша елді мекендерді газбен қамтамасыз ету жұмысының қарқынды жүргізіліп келе жатқанын айтып, осыған байланысты туындап отырған бірқатар мәселеге тоқталып өтті.

– Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев Жамбыл облысына жұмыс сапарымен барғанда тұрғындарды табиғи газ жүйесіне қосу бағасының тым жоғарылап кеткенін айтқан еді, – деді ол сөз басында.

– Сонымен бірге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қауіпсіздік кеңесінің отырысында да осы мәселеге қатысты халықтан арыз-өтініштің көп түсіп жатқанын жеткізген. Мұндай жағдай біздің облыста да орын алып отыр. Облыс басшысы Амандық Баталов өздеріңізбен жолығып, көгілдір отынды тұрғын үйлерге қосу мәселесін талқылауға тапсырма берді. Экологиялық жағынан тиімді, арзан әрі тұрмысқа ыңғайлы отынды өлкеміздің әр елді мекеніне, әр шаңыраққа жеткізу жұмысының барысын айтқан Айдарбек Естебекұлы кейбір жекеменшік компаниялар газ құбырын қосу бағасын негізсіз жоғарылатып отырғанын да жасырған жоқ.

Атап айтқанда, жыл басында Еңбекшіқазақ және Панфилов аудандарында жұмыс жүргізген «APL Construction» ЖШС әр үйден 400 мың теңгеден жоғары төлемақы талап еткен. Сол кезде біз негізгі құбырдың алыс-жақындығына байланысты қосу құны 150 мың мен 350 мың теңгеден аспау керектігін айтқан едік. Осыны басшылыққа алған компаниялар кеткен шығын мөлшерін есепке алмастан барлық абоненттен 350 мың теңге төлемақы талап еткен. Мәселені бұлай қою да дұрыс емес деп есептейміз. Себебі, тартылатын құбыр бір жерде 15, екінші жерде 20 немесе 30 метр болуы мүмкін ғой. Демек, шығатын шығынның мөлшері де әртүрлі болмақ.

Осыған байланысты өздеріңізбен ақылдаса келіп, баршаға ортақ, халыққа ауыртпалық салмайтын белгілі бір сомаға тоқтауымыз керек. Талдықорған қаласында үйлерді газ жүйесіне қосумен айналысатын «КазТрансГаз-Аймақ» АҚ әр абоненттен материалдарға кететін шығын мөлшеріне қарай 95 мыңнан 150 мың теңгеге дейін төлем алып отыр. Ал «Алматыгазсервис-Холдинг» АҚ 350 мың теңгеден жоғары, «Тәуекел Н Алғабас» ЖШС 350 мың теңгеден жоғары, «Газовые сети Капчагайского региона» ЖШС 350 мың теңгеден жоғары, «APL Construction» ЖШС 350 мың теңгеден жоғары, «BSP GROUP LTD» ЖШС 320-350 мың теңге аралығында, «Ер-Нұр Строй» ЖШС 350 мың теңгеге дейін, «KBS Engineering» ЖШС 340 мың теңге мөлшерінде төлемақы алуда. Тіпті, кей жағдайда 500 мың теңгеге дейін көтеріледі деген мәлімет бар. Бұл жерде әңгіме кәсіпорын, мекеме, шаруа қожалықтары жайында емес, ауылдарда орналасқан тұрғын үйлер туралы болып отыр.

Осындай деректерді келтірген облыс әкімінің орынбасары алдағы уақытта да ауылдарға газ құбырын тартуды қаржыландыру жұмысының жалғасатынын айтып, компания басшыларын халықтың жағдайын ескеруге шақырды. Кейбір жерде газ пеші мен құбыр жүргізу құнын қоса есептегенде әр үйдің шығыны 1 миллион теңгеге жуықтап тоқтайды екен. Болымсыз зейнетақы мен ауладағы азын-аулақ малға қарап отырған тұрғындар қалтасының осыншама қаражатты көтере алмайтыны түсінікті. Мұндайда қажет болғанда ақшаны бірнеше айға бөліп төлеу тәжірибесін енгізген артық етпейді. Өз кезегінде сөз алған «Алматыгазсервис-Холдинг» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Василий Тен, «Газовые сети Капчагайского региона» ЖШС техникалық директоры Александр Комаров, «Тәуекел Н Алғабас» ЖШС директоры Рүстем Өтембаев және басқалары кей жағдайда тұрғындар төлемі газ жүргізуші компаниялардың шығарған шығынын ақтамайтынын тілге тиек етті.

Дегенмен, халықтың тұрмыс жағдайына байланысты жұмыс құнын арзандатуға болатынын да жоққа шығармады. Осылайша, облыс әкімдігі мен аталған компаниялар арасында тұрғын үйлерді көгілдір отын жүйесіне қосу жұмысының бағасын төмендету туралы екі жақты меморандумға қол қойылды. Сонымен бірге, қай жерде оның құны қанша болатыны жұмыс барысында қосымша анықталатыны ескертілді.

Алматы қаласы

НАРЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекеге қабілеттілікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Алматы облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен облыс және қалаға қарасты мекеме мамандары Талдықорған қаласы, Еркін ауылының тұрғындарымен кездесіп, тарифтерді төмендету мен елді мекенде орын алған келеңсіздіктер төңірегінде әңгіме өрбітті.

Еркіндіктердің ШАҒЫМЫ ТЫҢДАЛДЫ

Алдымен жиналған көпшілікке аталған департамент басшысының орынбасары Гүлнар Шарапиева Елбасы Жолдауында айтылған мәселелерді түсіндіріп өтті. Осыдан кейін кездесуге келген тұрғындардың өтінішін қарап, тиісті мекеме мамандарының жауабын тыңдады.

Еркін ауылы қала іргесінде орналасқанымен өзекті мәселелерінің де бар екенін тұрғындар жайып салды. Әсіресе, электр энегиясы бағасының қымбаттығына қатысты шағымдар көп болды. Алғашқы болып сөз алған Еркін ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тортай Ізбасқанов ауылға қарасты Көктал ауылы мен оның іргесіндегі Алмалы саяжайындағы үйлердің жарыққа жарымай отырғанын алға тартты. Сондай-ақ, сол елді мекендегі су мәселесінің де жұртты алаңдатып отырғаны белгілі болды. Тіпті, Еркін ауылына газ тарту жұмысының салдарынан көшелердің бұзылып, жүргіншілер мен көліктердің жүруіне көп кедергі келтіріп отырғаны да назардан тыс қалған жоқ. Сонымен бірге, Еркін ауылындағы Е. Берлікожанов, Құрманғазы көшелеріне құбыр суының толық тартылмағаны да айтылды. Кейбір тұрғындарды көмір бағасының қымбаттауы алаңдататын болып шықты. Ауылдағы кейбір көшеге асфальт төселмегені де назарға ілікті.

Тұрғындар шағымын тыңдаған соң соған қатысты мекеме мамандары оның себеп-салдарын түсіндіріп берді. Аталған департамент басшысының орынбасары Гүлнар Шарапиева жаңа жылдан бастап электр жарығы бағасының төмендетінін, қаладағы көмір бағасының 2-3 мың теңге көлемінде арзандағанын жеткізді. «Талдықорған су құбыры» мекемесінің мамандары құбыр суы тартылмаған көшелердің жобалық-сметалық құжаттарының жасалып жатқанын, алдағы уақытта ол жұмыстың атқарылатынын айтты. «Қазтрансгаз аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының мамандары Еркін ауылына газ тарту жұмыстарының келесі жылдың қазан айында толықтай бітетінін ескертіп, жұмыс барысындағы кейбір жетіспеушілікке түсініспен қарауын өтінді.

Қ. ОМАРАҚЫН

БАСПАСӨЗ – 2019



БІР ҒАСЫР БІРГЕМІЗ!

Құрметті оқырман! Егер сіз ғаламтордағы сан алуан ақпараттың ағы мен қарасын ажырата алмай, шындығы қайсы деп әуре-сарсаңға түссеңіз, күнара танымдық-сараптамалық әрі мазмұнды мақалалар оқығыңыз келсе, онда ойланбастан жүз жыл толған «Жетісу» газетіне жазылуға асығыңыз. Газетіміздің сенбілік саны 8 бет көлемінде түрлі түсті болып басылады. Зерделі ойымен, зерелі сөзімен замана ағымына зер салып, қоғам тынысы жайлы қалам тербейтін қара шаңырақтың тілшілері сізге өңірдің ең өзекті жаңалығын жеткізіп отырады. Оқыңыз, ой түйіңіз, біз халықпен бір ғасыр біргеміз!

«Жетісу» газетіне 2019 жылға жазылу жүріп жатыр

Жалпы жазылу:

Жазылушылар	Индексі	6 айға қала	ауыл	қала	12 айға ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	4644,72	4954,32	9289,44	9908,64
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3020,40	3330,00	6040,80	6660,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3155,04	3464,64	6310,08	6929,28
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3291,84	3601,44	6583,68	7202,88

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisy

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№138 (18558)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 13 желтоқсан, 2018 жыл

ПРЕЗИДЕНТ ПОШТАСЫНАН

ЕҢБЕККЕРЛЕР ДӘН РИЗА

Қазақстан Президентінің атына еңбек ұжымдары мен жұртшылық тарапынан елде жүргізіліп жатқан реформалар мен мемлекеттік даму бағдарламаларына қолдау білдірген хаттар келіп түсті.

Алматы облысы шаруашылық еңбеккерлері жолдаған хатта агроөнеркәсіп кешенін дамытуға баса көңіл бөлінуі арқасында биыл бұл өңірде қант қызылшасынан рекордтық өнім жиналғаны айтылған.

«*Бізді таңдаулы тұқымдармен, сапалы гербицидтермен, заманауи ауылшаруашылығы техникасымен қамтамасыз етті. Біз үшін мемлекеттік субсидиялар үлкен көмек болды. Жаңғыртылып, іске қосылған екі қант зауыты қайта өңдеу кластерінің соңғы әрі маңызды буынына айналды. Биыл 440 мың тонна қант қызылшасынан 42 мың тоннадан аса ақ қант өндіріледі. Біз бұл жетістіктермен тоқтап қалмаймыз. Бүгінгі қол жеткізген нәтижелер ел тұрғындарын өзіміз қантпен қамтамасыз ету жөніндегі үлкен әрі жауапты жұмыстың бастауы ғана екенін жақсы түсінеміз. Сіз алға қойған міндеттерді табысты орындауға қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Биылғы Жолдауда да агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін тиімді пайдаланудың маңыздылығын атап өттіңіз*», – деп жазды жетісулықтар.

Соғыс және еңбек ардагерлерінің Орал қалалық кеңесінің мүшелері, өңір педагогтары биылғы Жолдаудағы елімізді одан әрі дамытудың басымдықтарына қолдау білдіреді.

«*Сіз бірлігі жарасқан елімізді саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларда жаңғырту жолымен одан әрі ілгерілету үшін нақты және қол жеткізуге болатын мақсаттарды айқындап бердіңіз*», – деп атап өткен ардагер ұстаздар.

Нұрсұлтан Назарбаев өз атына келіп түскен хаттармен танысып, қолдау көрсеткендері үшін хат иелеріне ризашылығын білдірді.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ТЕЛЕКӨПІР



Күні кеше ғана Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ қатысуымен Индустрияландыру күні аясында өткен «Индустрияландырудың екінші бесжылдығы: Қазақстанда жасалған» атты телекөпірде еліміздің әр өңірімен тікелей байланыс арқылы онлайн режимде бірқатар индустриялық, инфрақұрылымдық, аграрлық және цифрлы жобалар іске қосылды. Телекөпір барысында Мемлекет басшысына индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылған 28 жаңа жоба таныстырылып, іске қосылды.

ЖАҢА ЖОБАЛАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Мақпал МЫСА,
"Жетісу"

Жылпыұлттық телекөпір барысында облыс әкімі Амандық Баталовтың мұрындық болуымен таныстырылған жаңа жобалар қатарында Қапшағай қаласы «Арна» индустриалдық аймағындағы халықаралық компания «Маревен Фуд» өндірістік-логистикалық орталығы да бар.

Елбасы осы жаңа жобалардың жұмысына сәттілік тілеп, индустрияландыру бағдарламасы еліміздің орнықты және әртараптанған экономикасын құру үдерісінде негізгі рөл атқаратынын айтып, оны іске асыру барысындағы нақты нәтижелерге тоқталды.

– Бүгін біз индустрияландырудың биылғы қорытындысын жасадық. Баршаңызды жаңа жобалардың іске қосылуымен, жаңа мамандықтардың пайда болуымен және ел тұрғындарының жаңа табысымен құттықтаймын. Біз индустрияландыру кезеңінде 1250 жаңа кәсіпорын құрдық, соның ішінде 100 кәсіпорынды биыл іске қостық. 300 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Бүгінде әлемнің 110 елі Қазақстанда шығарылған өнімді тұтынуда. Соңғы жылдары біз бұған дейін елімізде жасалмаған бұйымдардың 500-ден астам түрін шығарып, 50-ге жуық жаңа тауар түрін экспорттап отырмыз, – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар еліміздің алдында экономиканы одан әрі әртараптандыру, инфрақұрылымды жақсарту және өнімділікті арттыру жөніндегі ауқымды міндеттер тұрғанын атап өтті.

Облысымыз бойынша «Маревен Фуд» өндірістік-логистикалық орталығы ашылуымен қатар, өңір үшін тағы бір қуаныш орнағандай. Ол – «KEGOC» АҚ 500 кВ «Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алматы» желісінің іске қосылуы. Бұл жайлы телекөпір барысында Мемлекет басшысы:

– Бірінші айтылған кешен баяғыдан бері армандап жүрген іс – Шығыс Қазақстан арқылы Талдықорған мен Алматыны электр жүйесімен қосу болатын. Ол болмай тұрған кезде Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласы электр энергиясы жүйесінен шеттеу еді. Мінеки, қазір тұңғыш рет екі өңірді өркендету үшін электр қуатын іске қостық. Бұл өте қуанышты жағдай, – деп атап өтті.

Жалпыұлттық телекөпір барысында кәсіпкерлердің де еңбегі еленіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолынан «Алтын сапа» сыйлығын алды. Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының жеңімпаздары тізімінде облысымыздағы бірқатар кәсіпорын бар. Атап айтсақ, «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша облыстағы «ALUGAL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Алтын сапа» сыйлығымен марапатталса, «Рыбпром» ЖШС «Азық-түлік және ауылшаруашылығы өнімдерін шығаратын үздік кәсіпорын» аталымы бойынша, «DOLCE» ЖШС «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» аталымы бойынша, «Danone Berkut» ЖШС және «Шин Лайн» ЖШС, «Үздік азық-түлік тауарлары» аталымы бойынша жылдың бас сыйлығына ие болды.

Қапшағай қаласы

СЕЛЕКТОР

Бюджеттің ҚОРЖЫНЫ ТОҚ

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ төрағалығымен өткен Үкімет отырысында осы жылдың он бір айындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы, республикалық бюджеттің орындалу қорытындысы және еліміздегі жекешелендіруді жүргізу бойынша ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов, Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев, Қаржы министрі Әлихан Смайылов баяндама жасады. Сонымен қатар, бірқатар облыс басшысы да өңірдегі жағдайлары туралы айтып өтті.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Жиналыста Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов жалпы ішкі өнімнің тұрақты өсімі үш ай бойы 4,1% деңгейінде сақталып отырғанын атап өтті. Өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік саласында да оң өзгерістер жетерлік. Сондай-ақ, төмен инфляцияның және халық табысының өсуімен ілесе сауда-саттық та өсе түскен. Сыртқы сауда айналымы да тұрақты өсім қарқынын сақтап отыр. Қаржы министрінің айтуынша, мемлекеттік бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) жоспардан 102,6%-ға асыра орындалса, бюджетке 7,38 трлн. теңге қаржы түсіпті. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 232 млрд. теңгеге көп. Инвестициялар және даму министрінің айтуынша, өңдеу өнеркәсібінің өсімі өткен жылмен салыстырғанда жоғары көрсеткішке жеткен. Энергетика министрлігінің мәліметінше, мұнай өнімдері нарығындағы жағдай тұрақты, жанар-жағармай тапшылығы жоқ. Қазақстанда жанармай бағасының көтерілуіне жол бермеу үшін, сондай-ақ дизель отыны тапшылығының қаупін азайту мақсатында ел шекарасынан тыс жерлерге мұнай өнімдерін (дизель отыны) шығаруға уақытша тыйым салу үшін шаралар әзірлеуде.

Министрлердің баяндамасынан кейін Бақытжан Әбдірұлы облыс басшыларының есебіне назар аударды. Сол қатарда облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов өңіріміздегі бюджеттің орындалуы туралы айтып берді.

– Биылғы жылдың он бір айында облысымыздағы ақшалай табыс 105,2 пайызға, орташа жалақы 103,9 пайызға өсті. Бұл бағыттағы кейбір көрсеткішті тағы да жоғарылату үшін нақты шаралар қабылдануда. Елбасының «Бес әлеуметтік бағыт» тапсырмасы бойынша да тыңғылықты жұмыс жүргізілуде. Осы арқылы салық жүктемесі жеңілдеп, облысымыздағы 130 мыңнан астам адамның жалақысын көтеруге сеп болды. Келесі жылдың бірінші қаңтарында өңірдегі жалақының ең төменгі мөлшері 1,5 есеге артатын болады. Сонымен қатар, 57 субъектінің қызметкеріне 1,7 млрд. теңге уақытша өтемақы төленбек. Оның үстіне қолданыстағы тарифтер төмендеп, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізеді, – деді ол.

Келесі кезекте Қаржы министрі Әлихан Смайылов жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кешенді жоспарының орындалуы туралы баяндай келіп, қазіргі уақытта 296 млрд. теңгеге 465 нысан сатылғанын жеткізді. Бақытжан Әбдірұлы әлі де 8 нысанның сауда-саттыққа шығарылмағанын және қазіргі кезде 67-сінің саудада тұрғанын ескертіп, министрлік, жергілікті атқарушы орган мен холдингтерге осы жылдың соңына дейін жекешелендіруге жататын нысандарды сауда-саттыққа шығару жұмысын аяқтауды тапсырды.

БРИФИНГ

Баспасөз мәслихатында өңірдің даму барысын баяндаған облыс басшысы жерұйығы Жетісудың заман талабына сай өркендеп, халықтың тұрмысы жақсарып, жұмыс орындары мен өндіріс ошақтарының ашылып жатқандығын тілге тиек етті. Ең алдымен Елбасының Жарлығымен Райымбек ауданы бөлініп, Райымбек және Кеген аудандары құрылғанын еске салды. Бұл сол өңірде орналасқан тұрғындардың көптен күткен тілегі еді. Шекаралық аймақтың тамырына қан жүгіріп, халықтың болашаққа деген сенімі нығайып, көшкен халық туған жерге қайта орала бастағанын жеткізді.

АГРОАЙМАҚ АЙШЫҒЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында журналистермен баспасөз мәслихатын өткізді



Амандық Ғаббасұлының баяндауынша, ағымдағы жылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында оң серпін сақталған. Биыл өнеркәсіп саласында өндіріс көлемі 870 млрд. теңгеге жетіп, бұл өткен жылмен салыстырғанда 75 млрд. теңгеге артып отыр. Жалпы өңірлік өнім өсімі 3,5 пайыз шегінде болады деп күтілуде.

Өңірдегі «Foodmaster», «Adal», «Raymbek Agro», «Danone», «JLC Sut» компанияларының сүт өнімдері республиканың барлық өңірінде сұранысқа ие. Одан бөлек 6 ірі өндіруші жылына шамамен 1 млрд. литр табиғи шырындар мен алкогольсіз сусындар шығарады. Бұл Алматы қаласы мен тұтастай республиканың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Тағы айта кетерлігі, фармзауыттар бұған дейін шетелден импортталып келген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды шығара бастаған. Ағымдағы жылы 40 кәсіпорын өндірісі жаңғыртылып, бұл экспорттық тауар айналымын 23,5%-ға (274,2 млн. доллар) ұлғайтуға мүмкіндік берген.

– Облыста барлығы 21 кәсіпорын өз өнімдерін сыртқа экспорттайды, олардың саны әлі де арта түспек. Өйткені, республикадағы өңдеуші өнеркәсіптің үздік 10 импорталатын тауарының 7 түрін облысымыздың кәсіпорындары шығарады.

Жолдауда айтылған өңдеуші өнеркәсіп пен шикізаттық емес экспортты қолдауға арналған 1 трлн. теңге көлеміндегі қосымша қаражат кәсіпорындарға экспортты ұлғайтуға және импортты алмастырумен айналысуға мүмкіндік береді.

Жер жаннаты – Жетісу таяқ шаншысаң, тамыр жайып, алып шынарға айналатын, топырағы құнарлы, халқы еңбеккер өңір екені белгілі. Сондықтан облыс экономикасының драйвері агроөнеркәсіп кешені екенін тағы да айта кетейін. Бүгінде республикадағы ауылшаруашылығы жалпы өнімінің 17 пайызы облыстың үлесіне тиесілі, – деді облыс әкімі.

Спикердің сөзіне қарағанда, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін барынша пайдалану мақсатында өңірлік бағдарлама әзірленіп, 9 басым бағыт айқындалған. Олар – етті-сүтті мал шаруашылығы, қой шаруашылығы, қызылша-кантты, май, бағбаншылық, картоп шаруашылығы, жылыжай және су шаруашылығы. Егістікті әртараптандыру шеңберінде қант қызылшасы 2000 гектарға, жүгері 1453 гектарға, жемшөп дақылдары 1215 гектарға, көкөніс 707 гектарға ұлғайтылған.

Талдықорған өңірі негізінен қант қызылшасын өсіруге мамандандырылған. Бұл аймақта Социалистік Еңбек Ерлері Нұрмолда Алдабергенов, Зылиқа Тамшыбаева сияқты «Дала академиктерінің» ісін жалғастыру және Елбасының тікелей тапсырмасын орындау үшін нақты шаралар қабылданған. Облыс әкімі биыл қант қызылшасы 11 мың 200 гектарға себіліп, 440 мың тонна тәтті түбір жиналғанын, яғни жалпы өнімі 32 пайызға өскенін әңгімеледі. Жекелеген шаруашылықтар гектар өнімділігін 700-800 центнерге жеткізген, облыс бойынша орташа көрсеткіш – 400 центнер. Екі қант зауыты 42 мың тонна қант шығаруды жоспарлап отыр. Ал өңірдің қажеттілігі – 30 мың тонна.

– Келешекте тағы екі қант зауытын іске қосу жоспарланған. Олар Қарабұлақ және Алакөл аймағында. Қазіргі таңда инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде. Жүгері шаруашылығында озық технологияны енгізудің нәтижесінде 532 мың тонна өнім алынды, бұл соңғы 27 жылдағы рекордтық өнім. Панфилов ауданының фермерлері тамшылатып суғаруды енгізудің арқасында әр гектардан 120 центнерге дейін өнім алды, бұл облыстық орташа көрсеткіштен 2 есе артық. Жаркент крахмал-сірне зауытының қуаты жаңғыртудан кейін 10 мың тоннадан 135 мың тоннаға ұлғайды, жүгеріні қалдықсыз өңдеу циклі қамтамасыз етілді, өнімнің 27 түрін шығару жолға қойылды», – деген өңір басшысы биыл қарқынды бақтардың алғашқы өнімі жиналғанын, олардың алаңы 2,4 мың гектарға жеткенін (бақтардың жалпы алаңы – 24,2 мың га) айтты. Жалпы жиналған жемістің көлемі – 126 мың тонна, оның 65 мың тоннасы алма.

– Біз жаңа бағытты – өнеркәсіптік картоп шаруашылығын дамытуды қолға алдық, – деген Амандық Ғаббасұлы Кеген және Райымбек аудандарында картоптың элиталық сорттары 100 гектарға егілгенін, 2 сервистік дайындау орталығы құрылып, 21техника сатып алынғанын тілге тиек етті.

– 2020 жылға қарай егіс алқабы 4,5 мың гектарға жетеді, жоғары сортты картоптың 135 мың тонна тұқымы алынып, келесі жылы барлық алқапқа отырғызылатын болады, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Өңір басшысының айтуынша, картоп өнімін 722 мың тоннадан 800 мың тоннаға дейін ұлғайту көзделуде. Бұл көрсеткіш жаңа ашылатын «Фармфритц» картоп өңдеу зауытын шикізатпен толық қамтамасыз етеді (жылына 70 мың тонна өнім). Мал шаруашылығында мал басы мен оның өнімі орташа 3,7 пайызға жоғарылаған. Сонымен қатар 92 бордақылау алаңы жұмыс істейді, ірі қара етін өндіру 7 пайызға артып, 1 000 тонна ет экспортталыпты.

Брифингтен білгеніміздей, облыста жалпы қуаты 91 мың тонна ет өңдейтін 5 ет комбинатының құрылысы жүргізілуде. Сүтті мал шаруашылығын дамыту үшін биыл 7 тауарлы-сүт фермасы іске қосылып, жалпы саны 68-ге жеткен, олар облыс бойынша сүттің 20 пайызын өндіреді. Агроөнеркәсіп кешені өнімдерін экспорттау соя, күнбағыс, крахмал, балық пен балық өнімдері экспортының өсуі есебінен 37 пайызға ұлғайған. «Лепсі өнімдері» брендімен Қытайға бал экспорттау жолға қойылған, «Гренд Ланд Алатау» серіктестігінің жылыжай өнімдері Ресей нарығына шығарыла бастағаны қуантады.

– Ауылшаруашылығы нысандары өсірген өнімді өткізу, сақтау, тұрғындарға жеткізу мақсатында күніне 1000 жүк автокөлігін қабылдайтын, инвестициялық құны 32,3 млрд. теңге болатын сауда-логистикалық хабтың құрылысын жүргізу үшін «Ранжис» француз компаниясымен кездесу өткіздік. Аталған компания тауар өндірушілерден тікелей сатып алып, өңдейтін болады. Жоба 2019 жылы іске асырыла бастайды. Жалпы агроөнеркәсіп кешені бағдарламасын іске асыру Елбасының еңбек өнімділігін және ауылшаруашылығы өңделген өнімі экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе ұлғайту туралы тапсырмасын орындауға мүмкіндік береді, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Қазір облыстың әрбір төртінші тұрғыны шағын және орта бизнес саласында жұмыс істейді. Соның арқасында салық түсімінің көлемі 1,5 есеге артқан.

Биыл әртүрлі қуаттағы 100 жаңа нысан ашу қолға алынған. Оның 88-і ашылып, 1742 жұмыс орны құрылған.

Мемлекет кәсіпкерлерге үлкен қолдау көрсетіп, бизнестің дамуы үшін барлық жағдай жасауда. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында кәсіпкерлікті қолдау мақсатында 209 субъект 4,4 млрд. теңге алды. Мұнымен қатар нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша 1149 адам 5,5 млрд. теңгенің шағын несиесін алған.

– Облысымыз туризм саласында да үлкен мүмкіндікке ие. Жер жаннаты атанған Жетісуға қазақстандық туризм легінің үштен бір бөлігі келеді.

Жыл соңына дейінгі қорытынды бойынша туристер саны 2 млн.-ға жетпек, оның 1 млн. Алакөл көліне келіп демалушылар. Бұл Алакөл демалыс аймағын дамыту мен көлік қатынасын жолға қоюдың арқасында мүмкін болды.

Биыл Елбасының өзі Алакөлде болып көл жағалауын және туризмді дамыту бойынша нақты тапсырма берді. Осыған орай ұшып-қону алаңын жасау, жағалауды нығайту жұмыстары, сумен қамту және құбыр жүйелерінің құрылысын жүргізу сынды жұмыстар жоспарлануда.

(Соңы 2-бетте)

■ ЖАЙДАРМАН

МАМАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Талдықорған қаласындағы Достық үйінде «Тәуелсіздігім – тұғырым» атты облыстық форум өтті. Тәуелсіздік мерекесінің маңызын түсіндіру, жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған форумға облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының және Қоғамдық келісім мүшелері, аналар кеңесі, этномәдени, орталықтардың төрағалары, әскери қызметкерлер мен БАҚ өкілдері қатысты.



Сүретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Аталған жиын барысында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай сөз алып, жыл бойы атқарылған жұмыс пен ұйымдастырылған игі шаралар тұрғысында сараптамалық баяндама жасады. Ол өз кезегінде ұлы елдің маңдайға басқан Тәуелсіздігі Тәңірден берілген тәтті сый екенін айтып, жиналған жұртты мерекемен құттықтап өтті.

Ал өз кезегінде сөз алған облыстық әзербайжан этномәдени орталығының төрайымы, Ассамблея мүшесі Асылы Осман:

– Ұлан-ғайыр даламыздың зәу биігінде шырқалар азаттық әні мәңгілік болғай. Жанымыз да, қанымыз, арымыз бен барымыз осы мемлекеттің жанданып-жаңғыруы жолында жұмсалуы тиіс. Біздің бейбіт ғұмыр кешіп, сан тараулы жетістіктерге жетуіміздің ең негізгі діңі деп азаттық пен бейбіт те берекелі, ынтымақты ғұмыр кешуімізді айтар едім, – деп тебірене тіл қатып, ұлы мерекемен кеш мейман-дарын құттықтап өтті. Өз кезегінде 18386 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары Рүстем Рахимов, республикалық «Мың бала» мәдени- ағарту жобасының жеңімпазы Александр Сон ақжарма ниетін білдірді.

Ән әуелеп, күй күмбірлеген форум аясында жыл бойы Ассамблея жұмысына қолдау көрсетіп, белсенділік танытқан адамдар мен бірқатар ҚХА қызметкері Алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясының 10 жылдығына арналған мерекелік төсбелгісін де өңірлеріне қадады. Айта кетерлігі, солардың қатарында жұмыстарын жүйелі насихаттап, қолдау көрсеткендіктері үшін «Жетісу» газетінің аға фототілшісі Жұмабай Мұсабек пен «Огни Алатау» газетінің бөлім меңгерушісі Хасан Еспанов та мерекелік төсбелгі иегері атанды.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ,
"Жетісу"

■ ДИДАР



АЛАШ АЗАМАТЫ

Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Д. А. Қонаев атындағы халықаралық қордың вице-президенті, ҚР Инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі, Д. Қонаев атындағы университеттің Құрметті профессоры, «Kazgor»жобалау академиясының Құрметті академигі, Алматы қаласы мен Алматы облысының Құрметті азаматы Кеңес АУХАДИЕВТІҢ 80 жылдығына орай кездесу өтті.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ,
"Жетісу"

Айтулы шараға келген мерейтой иесінің әріптестері, елімізге танымал тұлғалар, қаладағы архив, мәдениет және білім мекемелерінің басшылары, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының оқытушылары мен студенттері алдымен Алматы облысы мен қаласының өркендеуіне елеулі үлес қосқан Кеңес Мұстаханұлының жауапты мемлекеттік қызметтердегі қажырлы еңбегін айшықтайтын құжаттар мен фотосуреттерден құрылған көрмені тамашалады. Дөңгелек үстел басындағы отырысты ашқан Президент архивінің директоры Жәмилә Әбдіқадырова кездесуге келген қонақтарға алғысын білдіргеннен кейін, салтанатты шараның ең маңызды сәті – Кеңес Аухадиевтің жаңадан жарық көрген «Алматы бір күнде орнаған жоқ», «Алма-Ата не сразу строилась» кітаптарының тұсаукесер рәсімі атқарылды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ерлікпен қаза тапқан майдангердің баласы сол кезде халық басына түскен ауыртпалықты көппен бірге көре жүріп, құрыштай шыныға шыққаны белгілі. Мектепті үздік бітіргеннен кейін Шұбар ауылшаруашылық техникумында мамандық меңгерген ол еңбек жолын Панфилов ауданындағы Ленин ұжымшарында трактор бригадасының бригадирі болып бастайды. Қиындық атаулыдан тайсалмайтын еңбекқор жігіт бірден басшылардың қолдауына ие болып, көп кешікпей аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы лауазымына тағайындалады. Бұл салада да жемісті еңбек етіп, Алматы облысының комсомол ұйымын, кейіннен Қазақстан ЛКЖО-ның идеология саласына жетекшілік етеді. Осыдан кейін Алматы қаласы Совет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, қалалық атқару комитетінің төрағасы, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы сынды жоғары лауазымды қызметтер атқарған. Дінмұхамед Қонаевтың басшылығымен Асанбай Асқаров, Бәйкен Әшімов, Өзбекәлі Жәнібековтердің өнегесін көрген Кеңес Мұстаханұлы халқына адал қызмет етіп, ел құрметіне бөленгені белгілі. Өңірін көмкерген «Октябрь революциясы», үш «Құрмет белгісі» және тәуелсіз Қазақстанның «Парасат» орденді-мен көптеген медаль осыған дәлел бола алады.

Кеңес Аухадиев Алматы қаласы мен облысын басқарған жылдары Отанымыздың сол кездегі бас қаласы – оңтүстік астананың гүлденуіне елеулі үлес қосқан болатын. Ол өз сөзінде Димаш Ахметұлының тікелей басшылығымен Алматыны көркейту жұмыстарын, мұндағы аса ірі ғимараттар қалай салынғанын, қандай кедергілерге тап болғанын, көлденең келген мәселелерді қалай шешкендерін әңгімеледі. Сейсмикалық қаупі жоғары саналатын қалада биіктігі 102 метр болатын «Қазақстан» қонақүйінің салынуы, Республика алаңының пайда болуы, Үлкен Алматы каналының құрылысы, Оқушылар сарайы мен Қазақ драма театры, ғалымдар академиясы, орталық көк базар, бүгіндері Алматының көркін кіргізіп тұрған көптеген қонақүй мен тұрғын үйлер сол жылдардың жемісі екені дау туғызбайды. Ал «Арасан» моншасының салынуы, кейіннен оның құрылысына байланысты арыз-шағымдар мен тексерулер өз алдына жеке әңгіме. Кеңес Мұстаханұлы осы жайларға қатысты естеліктерін ортаға салып, ірі жобалардың қалай жүзеге асырылғанына тоқталып өтті.

Қазақстан Республикасы Президенті архивінің жеке қор бөлімінің басшысы Жәнібек Зейнелов өз баяндамасында мұрағаттағы Кеңес Аухадиевтің құжаттарына тоқталып, олардың ел тарихы үшін маңыздылығын сөз етті. Ал, мемлекетіміздің қалыптасуы мен өркендеуіне бір адамдай еңбек сіңірген танымал тұлғалар Шәңкерей Жәнібеков, Бижамал Рамазанова, Жібек Әмірханова, Никара Абаева, Әсем Бесбаева, Ким Серікбаев Кеңес Мұстаханұлымен бірге еңбек еткен жемісті жылдар жайлы әңгімелеп, ол кісінің адамгершілік, азаматтық тұлғасы, жан-жақты білімділігі, еңбеккорлығы мен зиялылығы, қиналғанға көмек беруге дайын тұратын жан жылуы турасында жүрекжарды ойларын ортаға салған. Оның отбасындағы жарасымдылық, балаларына берген тәрбие-тәлімі де сөз болмай қалған жоқ. Ал замандас-әріптесі, Социалистік Еңбек Ері Вера Васильевна Сидороваңың Кеңес Мұстаханұлымен өмірбаяны ұқсас екенін тілге тиек ете келіп: «Соғыстан кейінгі ауыртпалықтың бәрін тарта жүріп, қарапайым ғана отбасынан шыққан бізді осындай биіктерге жетелеген – ұлы мәртебелі еңбек!» – деді.

Кеште сөз алғандардың барлығы жасы сексеннің сеңгіріне шықса да қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, әр салаға меценаттық көмек көрсетіп келе жатқан Кеңес Мұстаханұлына денсаулық пен ұзақ та мағыналы ғұмыр тіледі.

Алматы қаласы

■ АССАМБЛЕЯ АЯСЫНДА

Мақсатымыз – ТАТУЛЫҚ

Талдықорған қаласындағы Рухани жаңғыру орталығында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының кеңес отырысы өтті. Оған Аналар кеңесі, Қоғамдық келісім және облыстық этномәдени орталықтардың төрағалары қатысты.

Мәулен ӘНЕРБАЙ,
"Жетісу"

Жиынды облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай жүргізіп отырды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын тілге тиек еткен ол ұлттық құндылығымыз әспеттеліп, тарихымыздың түгенделетінін айтты. Әрмен қарай сөз алған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының бас маманы Сәуле Сұрабалдинова этномәдени орталықтар туралы ақпарат берді. Өңірде ынтымағы жарасқан 105 этнос өкілдері өзара тату-тәтті өмір сүруде. 71 этномәдени бірлестіктің 26-сы облыстық, 35-сі аудандық және 10-ы қалалық. Әртүрлі ұлт өкілдерінің өз мәдениетін дамытып, салт-дәстүрлерін сақтауға лайықты жағдай жасалған.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының бас маманы Ләйлім Омарбаева 2019 жылдың жоспарын бекіту жайлы баяндама оқыды. Ғабит Тұрсынбайұлы облыс аумағындағы этносаралық татулық пен қоғамдық келісім, медиацияны дамыту туралы ойымен бөлісті. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясы алға қойған негізгі мақсат-міндеттерге тоқталды.

■ ЖӨН-АҚ!

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ҚР ІІМ-мен бірлесіп, Іле ауданында Миграциялық халыққа қызмет көрсету орталығын ашты. Енді осы орталық арқылы еңбек мигранттары қажетті мемлекеттік қызмет түрлерін «бір терезе» қағидаты бойынша ала алады.

ЗАМАНАУИ КӨШІ-ҚОН ОРТАЛЫҒЫ

Салтанатты іс-шараға «Азаматтарға арналған үкімет» облыстық филиалы директорының орынбасары Ілияс Талғатұлы, облыстық көші-қон қызметінің басшысы Ержан Алтаев және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Жандос Жұмабаев қатысты.

– Орталықтың басты міндеті – көші-қон саласындағы қызметтерді алуды барынша жеңілдету. Бұрын мигранттарға еңбек етуге берілетін рұқсат құжаттарын беру мен оны ұзарту үшін 3-5 күндей уақыт кететін еді, енді бұл үрдіс 2 сағат ішінде жүзеге асады. Тағы бір тиімділігін атап өтер болсақ, осы жерде медициналық тексеріс пен дактилоскопиядан өтіп, сақтандыру полисін рәсімдеуге және жеке сәйкестендіру нөмірін алуға болады, – деді Ілияс Талғатұлы.

Өтеген батыр кенті, Заманбек Батталханов көшесі, №30 мекенжайында орналасқан ғимараттың бірінші қабатында мемлекеттік корпорацияның фронт-офисі орналасса, екінші қабатында Көші-қон орталығы жұмыс істейді. Миграциялық ХҚО таңғы 9.00-ден кешкі 18.30-ға дейін үзіліссіз қызмет етеді. Айта кетсек, 2018 жылғы 11 айда өңірде көші-қон бағыты бойынша 325 512 мемлекеттік қызмет ұсынылды. Бұған дейін еңбек мигранттарына қызмет көрсететін орталықтар Астана, Алматы, Шымкент, Қостанай қалалары мен Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында ашылған болатын.

Гүлден ЖЫЛКЕЛДІНОВА,
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының облыс бойынша баспасөз қызметінің жетекшісі

■ МОНОҚАЛА

ТАБЫС ЕСЕЛЕНІП, ЖАЛАҚЫ КӨБЕЙДІ

Жұрт көбінде Текелі қаласын туризм саласының өркендеуімен салыстыра қарайды. Алайда, кейінгі жылдары тау қаласында табыс көзін тауып отырған кәсіпорынның қатары көбейіп келеді. Бүгінде мұнда бір ірі, үш орта және 149 шағын кәсіпорын жұмыс істейді. Басында сан түрлі қиындықты бастан өткерген кәсіпорындар бүгінде дамудың даңғыл жолына түскен. Сондықтан олар келесі жылдың бірінші қаңтарынан бастап жұмысшылардың жалақысын көтеруді қуана қолдап отыр.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Сол қатарда Текелі «Тау-кен өңдеу комбинаты» ЖШС-ін ерекше атап айтуға болады. Іргелі кәсіпорын қазіргі таңда 900-ден астам адамды жұмыспен қамтуда. Тіпті, құрылыс комбинаты базасындағы жаңа металлургиялық зауыттың іске қосылуы табыс көзін ұлғайтты. Аталмыш өндіріс орны 2016 жылдан бері комбинатты қайта құрылымдау, кеңейту мен мүмкіндігін арттыру арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізді. Қазан айында бірінші домна пешін іске қосып, алғашқы шойынды шығарып, өндіріске жіберді. Осыдан кейін алдағы уақыттағы кәсіпорын жұмысының қажеттілігі үшін тағы да 90 жас маманды «АрселорМиттатал Теміртау» АҚ базасында кәсіби дайындықтан өткізіп, тәжірибесін жетілдірді. Жыл соңына дейін екінші домна пеші де шойын өндіре бастайды. Кәсіпорын толық қуаттылығына енгенде жылына 400 тонна шойын өндіретін болады. Бұл еліміздің шойын өнеркәсібінде тіркелмеген көрсеткіш. Тағы бір жақсы жаңалық, қазір кәсіпорын ең төменгі 32 мың теңге жалақыны бірден 42 мыңнан асырып тастады. Кәсіпорын басшылығы комбинат толық іске қосылғаннан кейін жұмысшылардың жалақысын жалғасты өсіретініне сенім білдіріп отыр.

Осыған ұқсас сүт өндірумен айналысатын «Алтын Чажа» ЖШС-да 40-тан астам жұмысшының жалақысын өсіруге кірісіп кетті. Зауыттың бас директоры Виктор Никифоровтың айтуынша, олар өткен жылы зауыттың кіріс көлемін есептей отырып, жұмысшылардың жалақысын 10 пайызға көтерген екен. Бұл ретте Елбасының тапсырмасына орай, зауыттағы ең төменгі жалақы мөлшерін 42 мыңнан асырмақ.

– Біздің ұжым береке-бірлікте, ынтымақтаса отырып жұмыс істейді. Сондықтан өнімнің сапасы жоғарылап, танымалдылығы артып келеді. Есесіне, біз де олардың жалақысын көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсартуға көмектесуіміз керек, – дейді зауыт басшысы.

Сондай-ақ, Текелі қаласындағы Ертай Дүйсебаев жетекшілік ететін «Руал» ЖШС, Евгений Майер жетекшілік ететін «ART-KZ» ЖШС, тағы да басқа ірі, орта, шағын кәсіпорындар жалақыны көтеруге ынта танытуда.

Текелі қаласы

■ БӘРЕКЕЛДІ!

Биылғы Тәуелсіздік күні мерекесі Райымбек ауданындағы Шалкөде ауылдық округі тұрғындары үшін ұмытылмастай болып есте қалды. Атап айтқанда, аймаққа қарасты Шалкөде, Талас ауылдарынан мереке күні қос спорт кешені ашылып, пайдалануға берілді. Шалкөде ауылында Райымбек аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі филиалының спорт ғимараты есігін ашты. Талас ауылында спорт кешені игілікке айналды. Шалғайдағы ауыл спортын дамытуды, осы өңірде күнге қарай бой түзеп өсіп келе жатқан жас ұрпаққа қолайлы жағдай жасауды ойластырып, қамдастырған азаматтар қандай мақтауға болсын лайық.



Шалкөдені ЖЕЛПІНТКЕН ҚУАНЫШ

немесе бір күнде қос спорт кешені ашылды

Қанат БІРЖАНСАЛ,
"Жетісу"

Екі ауылдың әр жылдары қанаттанған түлектері бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, өз қаражаттарымен спорт ғимараттарын ашуға күш жұмсапты. Талас ауылында ашылған спорт кешені бір кездегі мектептің жылыту қазандығы екен. Мектеп электр жүйесі арқылы жылытуға көшкендіктен ғимарат бос қалған. Осыны көре білген ауыл жастары ақылдаса келіп, ұрпақтың игілігіне асатын спорт кешеніне айналдыруды қолға алып, айналасы алты айда спортсүйер жас өркендерге тарту етті. Ал оқруг орталығы Шалкөде ауылындағы спорт кешені сол ауылдағы және өмір ағысымен жырақта жүрген перзенттерінің қолдауымен іргетасынан бастап заманауи үлгіде бой көтерген. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, қымбат та қастерлі Тәуелсіздік күні мерекесімен тамаша жарасым таба астасқан қос қуанышқа, қос бірдей спорт кешенінің ашылуына Райымбек ауданының әкімі Жолан Омаров, облыстық дене тәрбиесі және спорт басқармасының басшысы, Бейжің олимпиадасының күміс жүлдегері Нұрбақыт Теңізбаев ортақтасып, ел мен жұртқа, өңір жастарына жылы лебіздерін жеткізді. *«Қуаныш ұзағынан сүйіндіре берсін! Алдағы жылдары Шалкөде ауылындағы Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтетін болады. Ауылдық әкімдіктің жаңа ғимараты, Талас ауылынан фельдшерлік-акушерлік пункттің салу жоспарда тұр. Қос ауылға келетін жол толықтай жасалмақшы. Осынау Шалкөдедей киелі топырақтан болашақта олимпиада чемпиондары шықсын!»* – деген аудан әкімі Жолан Омаров қайтадан шаңырағын көтеріп, бой түзеген Райымбек ауданында көптеген игілікті істің қолға алынып жатқанын мақтанышпен жеткізді. Аудандық мәслихаттың хатшысы, өңірдің бір перзенті Ерлан Құдабаев, аудандық ардагерлер мен ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бекболат Бірбаев ауыл тұрғындарына қуаныш құтты болсын десті. Ауылдардағы ақсақалдар алқасының төрағалары Нұрлан Әкімбаев пен Баудынбай Айтақынов ақ баталарын берді.

Жақсылыққа не жетсін?! Бүгінгі қуаныштың жөні бөлек! Тәуелсіз мемлекетіміздің тілеуі, тірегі, жүрегі болар жас ұрпақ үшін жасалып отырған қолайлы жағдайға қалайша қуанбассың?! Бір ғана Шалкөде ауылындағы спорт мектебінің филиалында екі жүзге тарта бала еркін күреспен, бокспен, дзюдомен алансыз айналысатын болды. Оларға Қуаныш Әбдірақыманов, Қайрат Үшқұлақов, Еңлік Сатыбалды, Медет Шалабаев секілді білікті, тәжірибелі жаттықтырушылар тәлім бермек. Қуанышқа ортақтасқан көпшілік Тәуелсіз Отанымыз ұғымырлы да тұғырлы болсын, балаларымыз спортпен айналыссын, олардың болашақтары баянды болсын деп тарқасты.

Райымбек ауданы

■ БРИФИНГ

Сотталғандар жеңімпаз атанды

Әркімнің тағдыры әрқилы. Біреу сүрініп, қайта тұрса, енді біреу құлаған жерінен тұрғысы келмейді.

Мәди АЛЖАНБАЙ,
"Жетісу"

Әсіресе, сүрініп кетіп, сотты болған жандар жазасын өтеп шыққан соң қоғам өміріне араласуда қиындық көріп, жұмысқа тұра алмайды. Осыған орай қоғамдық негізде жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар еңбекпен түзеу колониясынан оралған жандарды өмірге бейімдеп, қолдау көрсетумен айналысады. Биыл «Талдықорған аймақтық жұмыспен қамту қоры» Қоғамдық қоры жазасын өтеп шыққан адамдарды әлеуметтік оңалтуға арналған жоба ұйымдастырып, өз ісін бастау арқылы еңбекпен түзеу мекемелерінен оралған жандарды жұмыспен қамтуды ойластырған кәсіпкерлерге 2 миллион теңгенің грантын берді. Осыған орай өткізілген «Өзіңіздің әлеуметтік бизнесіңізді бастау» оқу-семинарға қатысқан сотталып келген 25 адам шағын және орта кәсіпкерлікті бастаудың қыр-сырын меңгерді. Олардың сегізі «Екінші мүмкіндік» атты байқауға қатысып, кәсібін жүргізуге қажетті жобаларды қорғап шықты. Осылардың ішінен «Автошеберхана» жобасын қорғаған және «Темір ұстасы» жобасын таныстырған екі жігіт 1 миллион теңгеден ұтып алды. Жеке кәсіпкер ретінде тіркелген қос жеңімпаз қазір өз ойларын іске асырып, жұмыстарын дөңгелентіп отыр. Мысалы, Аманжол Жұмаділов облыс орталығында дөңгелек жөндеумен айналысса, Олег Охват ұсталықты меңгеріп, темірден түрлі заттар жасауда. Жобаға байланысты арнайы брифинг ұйымдастырған «Талдықорған аймақтық жұмыспен қамту қоры» Қоғамдық қоры қос жеңімпазды мінберге шақырып, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне таныстырды.

Брифингті ұйымдастырушылардың айтуынша, Талдықорған қаласында еңбекпен түзеу мекемелерінен жазасын өтеп шыққан 145 адам бар.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№140-141 (18561)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz


Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 20 желтоқсан, 2018 жыл.

■ ТҰСАУКЕСЕР

«ЕЛБАСЫ ЖОЛЫ. АСТАНА» фильмі көрсетілді

Талдықорғандағы І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Елбасы жолы. Астана» атты фильмінің тұсаукесері өтті. Шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ, әр саланың басқарма басшылары, ардагерлер мен қала тұрғындары қатысты.



Айдар ҚАЛИЕВ, "Жетісу"

Мемлекет басшысының өмірі, сындарлы саясаты жайлы «Елбасы жолы» киноэпопеясын түсіру 2011 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Айта кетейік, бұған дейін «Елбасы жолы» киноэпопеясының «Балалық шағымның аспаны», «Отты өзен», «Теміртау», «Тығырықтан жол тапқан» (режиссері Рүстем Әбдірашев), «Жұлдыздар тоғысқанда» (режиссері Сергей Снежкин) атты бес бөлімі ел назарына ұсынылған болатын. Рүстем Әбдірашев түсірген алғашқы төрт бөлімде Мемлекет басшысының рөлін актер Нұрлан Әлімжанов сомдаса, Сергей Снежкиннің фильмінде бас кейіпкердің рөлін актер Берік Айтжанов ойнаған.

Бүгінгі «Елбасы жолы. Астана» фильмі – киноэпопеяның алтыншы бөлімі. Белгілі режиссер Ақан Сатаев түсірген, Елбасы рөлін актер Мұрат Ахманов сомдаған, Президенттің дауысын Ерлан Қасымжанұлы айнытпай салған туынды өте жоғары деңгейде шыққан.

Шығармада Елорданы Алматыдан Астанаға көшірудегі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі, тәуелсіздік алған тұстағы экономикалық қиындықтар, кездескен кедергілерді жеңе білу, жаңа Елорданың бүгінгі жетістіктеріне атсалысқан азаматтарымыздың еңбегі суреттелген. Сондай-ақ, құрылыс пен мемлекет құрудағы істер, Елорданы Ақмолаға көшіру шешіміне қатысты қоғамдық түрлі көзқарастар мен жазық далаға қала салады дегенге сенімсіздік танытып кертартпа пікір білдірген жандардың ісі және Елбасының шекарамызды шегендеп, өзге елдермен ынтымақтастық орнату бағытындағы маңызды қадамдары көрсетіледі. Туындыда тарихи оқиғалармен қатар Елбасының спортты жанына серік еткені де ашып көрсетіледі.

Фильмде басты рөлді сомдаған актер Мұрат Ахманов пен Президенттің дауысын салған Ерлан Қасымжанұлының еңбегі ұшан-теңіз. Әсіресе: «Еліміздің астанасын Ақмолаға ауыстыру керек», – деген Елбасының қоңыр дауысы мен батыл шешімі бас кейіпкер бейнесін одан әрі айшықтай түседі. Бір жарым сағатқа созылған фильмнен көрермендер керемет әсер алғандарын айтып тарқасты.

ҚАРА ШАҢЫРАҚ 2-бет

АЛАШ АЗАМАТЫ 3-бет

ЖЕТІСУ-ақпарат

Үздік педагог

Талдықорған қаласындағы Оқушылар сарайында «Үздік қосымша білім беру педагогы – 2018» облыстық байқауы өтті. Аталмыш шараға облыстың барлық өңірлерінен балалардың дамуына тиімді ықпал етіп жүрген шығармашыл, бастамашыл және талантты педагогтар қатысты.

Аталмыш шараның шымылдығы Б. Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінің кадет сыныбы оқушыларының орындауындағы «Мен қазақпын» әнімен ашылып, облыс орталығындағы өнерпаз шәкірттердің концерттік бағдарламасына ұласты. Одан кейін алғашқы болып облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Майгүл Омарова сөз алып, аталмыш байқаудың ел көлемінде тұңғыш рет ұйымдастырылып отырғанын, оған қоса білім басқармасының дене шынықтыру, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім беру ғылыми-практикалық орталығының мұрындық болғанын атай келіп, додаға қатысушы барша оқытушыларға сәттілік тіледі.

Байқауда қатысушылар төрт бағытта сайысқа түсті. Алдымен қазылар алқасына өз портфолиосын ұсынса, келесі кезекте Білім беру бағдарламаларының тұсаукесерін көрсетіп, одан кейін тест сұрақтарына жауап берсе, соңғы кезеңде шеберлік-сыныптарын өткізді.

Екі күнге созылған байқау қорытындысы бойынша «Туған жерге туыңді тік» туризм-өлкетану бағытында 1-орынды Текелі қаласынан Дәулеткелді Есболатов иеленсе, ғылыми-техникалық шығармашылық аталымында жамбылдық Қаумен Армиянбек топ жарды. Ал көркем-эстетикалық бағытында Балқаш ауданынан келген Эльвира Алеева, әскери-патриоттық тәрбие аталымы бойынша Іле ауданынан келген Ертай Әндосов жүлделі 1-орын иегері атанды. Барлық жеңімпаздар диплом мен ақшалай сыйлыққа ие болды.

■ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Тіл сарайында облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының бірлескен отырысы өтті. Онда елді мекендерді газдандыру мәселесі бойынша атқарылған жұмыстар қаралып, қысқы жылыту маусымына дайындық барысы пысықталды. Сондай-ақ, өңір кәсіпкерлігін қолдау картасына енгізілген жобаларды іске асыру барысы талқыланды. Жиынға облыстық мәслихат хатшысы Сұлтан ДҮЙСЕМБІНОВ бастаған облыстық мәслихат депутаттары, газ, жылыту жүйесі, тасымалдаушы компания өкілдері қатысты.

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Отырысты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту мәселелері бойынша тұрақты комиссияның төрағасы Ызғарбек Бектұрсынов жүргізіп отырды.

Отырыста газ мәселесі біраз талас-тартыс тудырды. Бірнеше жылдан бері қыруар қаржы құйып, тынымсыз жұмыс істелген облысты газдандыру жоспарының аяқталар уақыты да жақындады. Газдандыру бойынша баяндама оқыған облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдар Беркімбаевтің сөзін жоққа шығара алмаймыз. Бюджеттен бөлінген қаражат діттеген жеріне жетіп, газ желісін тарту жұмысы өз ырғағымен жүріп жатыр. Бұған ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекеге қабілеттілікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің облыс бойынша департаментінің мамандары сенім білдіріп отыр. Бірақ, газды жеке тұрғын үйлерге қосу мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Бұл келеңсіздікті тұрақты комиссияның төрағасы Ызғарбек Бектұрсынов та ашық айтты.

– Облыстағы елді мекендерді газдандыру жұмысын жоспарға сай орындау үшін инвесторлар, оған қаржы салуға ынталы кәсіпкер азаматтарды көбейту керек. Өкінішке қарай, басқа облыстарға қарағанда біздің өңірде газды жеке тұрғын үйлерге қосудың құны тым жоғары. Қазірдің өзінде бір үйге газ қосудың құны 350-400 мың теңге төңірегінде айналуда. Мұны реттеу керек, – деді ол.

Тұрақты комиссияның сынын газ желісін тарту жұмысына жауапты «ҚазТрансГаз-аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының мамандары қабылдай қоймады. Бірақ, белгіленген жоспар бойынша бір ғана Талдықорған қаласындағы газдандыру жұмысының бірінші кезеңі аяқталғанда 5 мыңнан астам абонент газға қосылуы керек болған. Өкінішке қарай, бірінші кезең аяқталғаны бірнеше ай өткенімен олар 2 мың абонентті ғана газға қосыпты.

Осы тұста газдандыру жұмысына ынталы жетісулық кәсіпкерлердің мердігер компанияға наразылығы да айтылды. Отырыс аясында газ желісін тартумен айналысатын «ҚазТрансГаз-аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы өкілдері мен газ қосу жұмысын жүргізуге ынталы кәсіпкерлер арасында пікірталас туындады.

– Отырыс барысында газ тасымалдаушы кәсіпорындар мен бәсекелестік ортада жұмыс істейтін шағын, орта кәсіпкерлікпен айналысып жүрген кәсіпорындар арасында наразылық пен түсінбеушілік бар. Сондықтан осы жағын қарау үшін арнайы комиссия құрып, мәселенің мәнін терең деңгейде зерделеуді жөн санадық. Тіпті, газдандыру төңірегінде заңбұзушылықтың да орын алғанын байқадық. Осы мәселені реттеуді прокуратураның назарына жеткізбекпіз, – деді Ызғарбек Бектұрсынов.

Демек, отырыста көтерілген мәселелер қатаң бақылауда болмақ. Осыған дейін жұрттың мазасын алып келген газ қосу құнының бағасы арзандап, осы мақсатқа атсалысуға ынталы болса да түрлі кедергі салдарынан оған қатыса алмай жүрген кәсіпкерлерге жол ашылады деп сендік. Бірінші мәселені осылай қорытындылаған тұрақты комиссия келесі кезекте қысқы жылыту маусымы төңірегіндегі дайындық жұмыстарын пысықтады. Айта кетерлігі, қазір облыста қатты, сұйық отын жеткілікті. Кейінгі бір-екі аптада көмірдің қара базардағы бағасы 2-3 мың теңгеге арзандаған. Ал Жетісу өлкесінің әлеуметтік, кәсіпкерлік, инновациялық, экономикалық әлеуетін серпілту мақсатында қолға алынған индустриялды аймақтардағы жұмыс та өз ырғағымен жылжуда. Бұл екі мәселе төңірегінде баяндама жасаған мекеме өкілдері мен тұрақты комиссия мүшелерінің пікірі бір болды.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының мәжіліс залында Тәуелсіздік күніне орай салтанатты жиын өтті. Шараға облыстық мәслихат депутаттары, партия ардагерлері мен белсенділері, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және этномәдени орталықтардың жетекшілері, «Жас Отан» ЖҚ белсенділері қатысты.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Мәулен ӘНЕРБАЙ, "Жетісу"



Мемлекеттік Гимн орындалған соң Желтоқсан оқиғасының құрбандарына арналып бір минут үнсіздік жарияланып, арнайы бейнефильм көрсетілді. Алғашқы сөз алған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев:

– Желтоқсан оқиғасы – халықтың ар-намысына сын болды, көптеген жастарымыз, мыңдаған азаматтарымыз қаһармандық танытты, елімізді Тәуелсіздікке жеткізді. Тәуелсіздік күні – халқымыз үшін аса қасиетті әрі қастерлі мереке. Өйткені біз азаттықтың арқасында әлемдік қауымдастыққа етене еніп, оның толық мүшесі атандық. Ешкімге жалтақтамай, ертеңімізді өзіміз бағамдайтын, саясатымызды ұлттық мүддеге сай жүргізетін деңгейге жеттік, – деп жиналған қауымды айтулы мерекемен құттықтады.

Мінбеге көтерілген облыстық мәслихаттың депутаты, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы Серік Мұқанов, «Кәсіпкер» республикалық журналының бас директоры, Алматы облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Гүлжиян Сүлейменова талай жыл елге қызмет еткендерін айтып, артынан еріп келе жатқан жастарға ақыл-кеңестерін жеткізді. Ал «Жетісулық желтоқсандықтар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ермұхан Жүнісхан болса ата-бабамыздың талай жылғы арманымен келген қасиетті тәуелсіздік туралы тағылымды ойымен бөлісті. Тәуелсіздік құрдасы «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшесі, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің докторанты Бархудар Гусенов жүрекжарды лебізін білдірді.

Салтанатты шарада партия қатарына жаңадан қосылған 10 адамға партиялық билет берілсе, Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға Алғыс хат тапсырылды. «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының 8 қызметкері партияның 20-жылдық мерейтойына орай «Белсенді қызметі үшін» медалін иеленсе, партия белсенділері де Алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар, салтанатты түрде «Сарбаздар» қатарына қабылдауға Талдықорған қаласындағы №9 орта мектептің 10 оқу озаты ант беріп, оларға арнайы төсбелгі табысталды. Мерекелік кездесу әнмен әрленіп, жиналған қонақтарға көтеріңкі көңілкүй сыйлады.

■ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

МӘДЕНИЕТ тазалықтан басталады

Облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжановтың төрағалығымен облыстың елді мекендерін санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру жұмысын жылдық қорытындылау мақсатында жиын өтті.

Жиын облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдар Беркімбаевтың алғысөзімен бастау алды.

– Облыстағы елді мекендерде санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыруды өткізу мақсатында бірқатар іс-шара атқарылды. Тазалық маусымының мүлтіксіз орындалуын қадағалау мақсатында штаб мүшелерінің жұмыс кестесі жасалып, әр өңірді аралау уақыты бекітілді. Тазалық жұмыстарына облыс бойынша 741 елді мекеннен 520 мың адам қатысты, – дей келе атқарылып жатқан жұмыстарды кеңінен талқылап, кеткен кемшіліктерді де тілге тиек етті.

Осыдан кейін облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Естебекұлы аудан басшыларына әр өңірде тұрақты тазалық жұмыстарын жүргізіп, көрген көз сүйсінерлік өмір салтын қалыптастыру керектігін айтып, санитарлық жұмыстарды жоғары дәрежеде өткізген және қоршаған ортаны сақтауға сүбелі үлес қосқандарды марапаттады. Атап айтсақ, Ақсу ауданы әкімдігіне облыс әкімінің І дәрежелі дипломы және трактордың кілті, Панфилов ауданы әкімдігіне облыс әкімінің ІІ дәрежелі дипломы және жүк көліктің кілті табысталса, Ескелді ауданының әкімдігіне облыс әкімінің ІІІ дәрежелі дипломы мен «Нива» автокөлігінің кілті берілді. «Ең үздік кондоминиум объектісінің басқарушы органы» номинациясы бойынша Талдықорған қаласы «Ай-Шуақ» пәтер иелері кооперативінің төрағасы Шолпан Орынбасароваға қар тазалағыш, «АРНА-Н» пәтер иелері кооперативінің төрағасы Назигүл Рахимбековаға шөп шапқыш сыйлады. «Үлгілі үй» номинациясы бойынша Текелі қаласынан Максим Мортынов бейнебақылау қондырғысын, Жамбыл ауданы, Қарақыстақ ауылынан Майылған Джилангузова балаларға арналған спорт алаңын иеленді. «Ең үздік аула тазалаушы» номинациясы бойынша Қапшағай қаласындағы «ТАН» пәтер иелерінің тұтынушы кооперативінің аула сыпырушысы Александр Лыжинға газонокосилка сыйлады. «Үздік аула» номинациясы бойынша Талғар ауданындағы «Ипотека-Талғар» пәтер иелері кооперативінің төрағасы Мұрат Жиенбаевқа электр ара, «Алмаз» пәтер иелерінің тұтынушы кооперативінің төрағасы Серік Шоқайбаевқа мотопомпа табыстады.

А. НАЗАРҰЛЫ

■ МАЛ ҚЫСТАТУ

ЖЕМШӨП МОЛ, ҚОРА ЖЫЛЫ

Ауданда мал қыстату науқаны ойдағыдай жүруде. Оған ала жаздайғы дайындық оң әсерін тигізді.



– Ауданда жүздеген шаруа қожалығы бар. Олардың жемшөбі уақытылы жиналып, қоралары жөндеуден өткен. Бір сөзбен айтқанда, барлық жағдай жасалған. Малшылардың да күйі жақсы, – дейді аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Ғалым Увалиев.

Біз Жолбарыс батыр ауылдық округіндегі «Жасұлан» шаруа қожалығының қыстауына келдік. Біз барған сәтте мал дәрігері, ветеринарлық фельдшер Заңғар Қоханов ірі қара малына ауруға қарсы вакцина салып жатыр. Аталмыш қожалықтың басшысы Жасұлан Тасыбаев мал қыстатуға толық дайын екендерін айтты. Қазіргі таңда малға дәрі егіліп, түрлі аурудың алдын алу шаралары жүргізіліп жатыр. Шаруашылықта 150 бас ірі қара, 600 қой, 60 жылқы бар. Мал қожалыққа қарасты 500 гектар жайылымдық жерде жайылады. Жазда жайлауға шығады. Ал 30 гектар суармалы жерге арпа-бидай, жоңышқа егіліп, мал азығы дайындалады. Егін егіп, жинауға қажет он шақты ауылшаруашылығы техникалары бар. Мұнда үш отбасы мал қыстатып отыр.

– Биыл орташа салмағы 200-250 келі тартатын 1000 орама шөп жинадық. 40 тонна жемшөп әзірледік. Малдың күйі жақсы, қысқа дайынбыз. Қора да жөнделді, мал қамайтын баз да дайын, – дейді Жасұлан Тасыбаев.

Шаруашылықта «Арқар-Меринос» ақ қойы өсіріледі. Бір қойдан орта есеппен 5-7 келі жүн алынып, Талдықорған қаласына жылына 3-4 тонна жүн өткізіледі. Етті бағытағы сиырлар да бар. Қожалықта электр жарығы да сөнбейді, ауызсуға да қолжетімді. Қыстың қамын жазда ойлайтын малсақ жандар бұл жолы да жылдағы тірлігіне қызу кірісті.

А. ӨМІРБАЕВ
Қаратал ауданы

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№144 (18564)
Бейсенбі, 27 желтоқсан, 2018 жыл.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Үздік жас дәрігер
2-бет

Жемқорлық елдігімізге сын
3-бет

Рухани жаңғыру негізі
4-бет

■«ЕҢ БЕЛСЕНДІ ӘКІМ»

«Еңбегі бардың өнбегі бар» деп халқымыз тегін айтпаса керек. Өйткені, адал еңбек пен ащы тердің, халық үшін істелген игілікті істің қашанда қайтарымы болады. Бүгін сондай бір жарқын іс, жақсы жаңалықтың жаршысы болдық. Естеріңізге сала кетсек, осы жылдың басында еліміздегі ең танымал «Нұр.кз» интернет порталының «Халық дауысы 2.0» жобасы ашық байқау жариялаған болатын. Осы байқауға қатысқандарға жыл бойы 11 миллионнан астам адам дауыс беріп, өз таңдауын жасады. Соның нәтижесі бойынша облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ екі номинация бойынша жеңімпаз атанып, «Ең белсенді әкім» атағы мен «Жыл адамы» Гран-Приін жеңіп алса, күн сайын жарқырап, өркендеп, жайнап келе жатқан облыс орталығы Талдықорған қаласы ең таза, өмір сүруге қолайлы, өркендеп өскен қала болып танылды.



Сурет түсірген Д. ТРОФЕЕВ

ӘКІМІ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ-ДЫ

Жетісу түлеп, жайнайды

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Халықтың дауыс беруі бойынша әділ де ашық өткен сайыстың жеңімпазы облыс басшысы Амандық Баталовты аталған порталдың өкілдері келіп, марапаттап қайтты.

– Кейінгі жылдары Алматы облысының қарқынды дамып, қарыштап өсіп келе жатқанына куә болып жүрміз. Бұл туралы біздің порталда жиі жазылып жүр. Осы жетістіктерге жетуге өңірді басқарып отырған Амандық Ғаббасұлының үлкен септігі тиді деп ойлаймыз. Оны біз емес, біздің оқырмандар, жалпы отандастарымыз жақсы бағалап отыр. Осы ретте байқаудың әділ де шынайы өткенін айта кеткім келеді. Біз жеңімпаздарды анықтаудың мүмкіндігін халықтың өз таңдауына бердік. Олардың ойы мен пікіріне ешқандай тоскауыл қойғанымыз жоқ. Ең қуанарлығы, Амандық Ғаббасұлы байқаудың екі номинациясының иегері атанды. Мұны елдің құрметі, еңбектің бағаланғаны, көптің ризашылығы деп түсінген жөн. Ал Талдықорған қаласына әр келген сайын үлкен жаңалықтарға риза болып қайтамыз. Жаңадан бой көтерген шағынаудандардың сәулеті мен салтанаты кім-кімнің де көңілін шалқытады. Сондықтан Талдықорған қаласы ең таза, ыңғайлы, әдемі қала ретінде бірінші орыннан көрінді, – дейді «Нұр.кз» интернет порталы мемлекеттік мекемелермен жұмыс атқару департаментінің директоры Шыңғыс Мәдібеков.

Рас, облыс өркендеп өсіп келеді. Кезінде аграрлы аймақ саналатын өңір бүгінде өнеркәсіптің қазанында қайнап жатыр. Республикалық және облыстық бюджет есебінен салынған өндіріс орындарынан басқа, шетел инвесторларының қаржысымен бой көтерген кәсіпорындардың қатары көбейіп, ел қазынасын толтырып отыр. Одан өзге саладағы жетістіктер де жұртты қызықтырады. Әсіресе, Талдықорған қаласының өркендеп, өсуі осы қалада өмір сүретін әр адамның қуанышына айналуда. Осындай еңбектің көпшілік тарапынан бағаланып жатқаны да адамға жігер береді.

– Бұл марапат менің атыма берілгенімен ол бүкіл облыс тұрғындарының ортақ жеңісі деп білемін. Әрине, Елбасының бізге жүктеген тапсырмаларын орындау аясында өңірге дұрыс басшылық еткен шығармын. Алайда, оның жүзеге асуына сіздердің қосқан үлестеріңіз көп. Сондықтан бұл марапат тұтас жетісулықтардың жетістігі. Расында, бүгінде облысымызда өркенді істер өте көп. Қай саланы алып қарасақ та оның жетістігін тізіп айтып шығуға болады. Бұл орайдағы жұмыстың үлкен жауапкершілікпен атқарылғанын жоққа шығармаймын. Қандай жұмысты қолға алғанда да әкемнің: «Қандай жұмыс істесең де халық үшін істе» деген өсиетін ұмытқан емеспін. Халық кімнің не істеп, қалай жұмыс атқарып отырғанын көріп отыр. Мейлі, біз қандай биікке шығып, қандай марапатқа ие болсақ та халықтың алғысымен берілген марапаттан құндысы болмайды. Осы марапатты халқымның ыстық ықыласы ретінде қабылдағым келеді,– деді Амандық Ғаббасұлы.

Осындайда: «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді?» деген Ілияс ақынның қанатты сөзі тілге оралады. Марапаттау сәтінде Оралбек Жақиянов ағамыз бастаған өңіріміздің дария кеуде, тау мүсін ақсақалдары жүрекжарды лебізін білдіріп, әкім жұмысына жоғары баға берді.

■РЕСМИ ІССАПАР

СЫБАЙЛАСТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ

Алматы облысына арнайы іссапармен келген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жем-қорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттігінің төрағасы Алик ШПЕКБАЕВ алдымен Б. Римова атындағы облыстық драма театрына барып, «Құлқынның құлы» атты спектакльді тамашалады. Бүгінгі күні қоғам үшін жегіқұрттай болған сыбайлас жемқорлықтың зардабы баяндалған спектакльде ойнаған әртістер мен театр ұжымына алғыс гүлін және Алғыс хат табыс еткен астаналық қонақ одан соң «Жастар» спорт сарайын аралап көрді.



Облыстық әкімдікте ашылған «Jetisý–adaldyq alańy» атты кабинеттің тұсаукесеріне қатысқан Алик Жатқамбайұлы облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісовтің, денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бауыржан Ысқақтың, облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ерлан Нұрланбаевтың, облыстық соттың судьясы Нұргүл Жекенованың, облыстық ІІД басшысы, полиция генерал-майоры Мұрат Ұрұмхановтың, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттігінің облыстық департаменті жанынан құрылған мониторинг тобының жетекшісі Дания Қыдырбаеваның есебін тыңдап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қылмыс пен заңбұзушылықтарды болдырмау бағыттарында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Мемлекеттік қызметтің барлық саласында сыбайластық, жемқорлық, парақорлық сынды індеттерді болдырмау керектігін атап өткен агенттік басшысы бұдан соң әкімдіктің үлкен залында ұйымдастырылған жиналысқа қатысып, Жетісу жерінде қолға алынып жатқан және мемлекеттік қызмет саласында жүзеге асырылып жатқан шаралардан хабардар болды.

Алқалы жиынды ашып, жүргізіп отырған облыс әкімі Амандық Баталов алғашқы сөзді баяндама жасау үшін «Астана – адалдық алаңы» жобалық офисінің жетекшісі Жазира Жылқышиеваға берді. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында көптеген іс-шаралар қолға алынып жатқанын тілге тиек еткен баяндамашы «Адалдық алаңы» жобасы да сондай бастаманың бірі екендігін көпшілік назарына жеткізді. Одан соң мінберге көтерілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттігі облыстық департаментінің басшысы Серікбай Нұрғисаев астаналық қонаққа облыста атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырып, сыбайлас жемқорлық дерегімен ұсталған лауазымды шенеуніктердің әрекетін сынға алды.

(Соңы 2-бетте)

■АКТИВ

БАСҚАРМА БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Амандық Баталовтың өкімімен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы болып Мәрлен Көлбаев тағайындалды. Осы орайда облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев арнайы жиын ашып, жайдарман жаңалықты көпшілікпен бөлісті.

Жиында сөз алған Ақан Жылқышыбайұлы Мәрлен Қапашұлының мәдениет көшін алға сүйрейтініне сенім білдірді.

– Ұлттың рухани дамуы мен кемелденуі үшін ең маңыздысы мәдениет саласы екені мәлім. Құлақтан кіріп, бойды алар тәтті әуен мен күмбірлеген күй, әуезді әнмен үйлесім тапқан ырғақты би, театр өнері, кітапхана, бәрі де осы мәдениет ұғымы аясында бірігіп, елге қызмет етіп келеді. Қазақылығы бұзылмаған біздің өңірдің мәдени саласы бүгінде руханияттың алтын діңгегіне айналуда. Сондықтан, іске жұмыла кірісіп, ұлттық құндылықтарымыздың бойына қан жүгіртеріне бек сенемін,– деді облыс әкімінің орынбасары.

Өз кезегінде Мәрлен Көлбаев осындай үлкен жауапкершілікті талап ететін лауазымды қызметті сеніп тапсырғаны үшін өңір басшысына ризашылығын білдіріп, сенімге сызат түсірмеуге сөз берді.

– Жалпы мәдениет ұғымы мен Жетісу жері бір ананың егіз баласы іспетті. Біздің ұлан-байтақ жеріміз нағыз ұлы мәдениеттің ордасы десек, артық айтпағанымыз болар. Небір сүлейлер мен ұлы қаламгерлерді өмірге әкелген бұл топырақ қадірлі де қасиетті. Мен бала күнімнен жыр жаттап өскен жанмын. Сондықтан, оны жақсы түйсінемін. Мен үшін бұл үлкен жауапты дүние. Ұлт үшін барымды, бойымдағы күш-қуатымды аянбай жұмсауға дайынмын. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында көтерілген келелі дүниелерді іске асыру үшін аянбай еңбек етемін,– деді М. Қапашұлы.

Айта кетейік, бұған дейін Мәрлен Көлбаев Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келген.

Қабыл ИСА

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Мәрлен Қапашұлы КӨЛБАЕВ** Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Мәрлен Қапашұлы КӨЛБАЕВ



1976 жылы туған. «Жетісу» институтын, Ө. Жолдасбеков атындағы Экономика және құқық академиясын экономист-менеджер, заң бакалавры мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Талдықорған қалалық ІІБ күзет бөлімінің күзет қызметкері болып бастаған.

Әр жылдарда Талдықорған қалалық ІІБ күзет бөлімінің полиция қызметкері, «Шаған» сауда үйі ЖШС және «Жетісу» экономикалық институтының күзет қызметкері, техникалық директоры, әскери-тіркеу үстелі мен кадр бөлімі инспекторының міндетін атқарушы, қабылдау комиссиясының хатшысы, № 2 оқу корпусының директоры, әкімшілік-шаруашылық бөлімінің проректоры, біліктілік арттыру жөніндегі институт директоры, «Жетісу» экономикалық институты ректорының міндетін атқарушы, «Талдықорған қалалық кәсіпкерлік бөлімі» ММ-нің басшысы, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары, «Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ агроөнеркәсіптік кешен департаментінің, жобаларды басқару департаментінің бас менеджері, «ЖетісуАгроСауда» ЖШС Талдықорған аймақтық өкілі, басшысы, Талдықорған қаласы әкімі аппаратының басшысы болды.

2015 жылдың мамыр айынан – Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары.

■СЕЛЕКТОР

ТАРИФТЕР АРЗАНДАЙДЫ

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ қатысуымен өткен Үкімет отырысында жылу беру маусымын өткізу, тарифтер мен әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағаларын төмендету жөніндегі шаралар, суармалы жерлерді дамытудың іс-шаралар жоспары жайлы сөз болды. Көтерілген мәселе жөнінде Энергетика министрі Қанат БОЗЫМБАЕВ, Инвестиция және даму министрі Жеңіс ҚАСЫМБЕКОВ, Ұлттық экономика министрі Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ баяндама жасады.

– Алматы облысында 31 меморандум жасалып, нәтижесінде теміржол түйық- тарында «Шұбаркөл» көмірінің бағасы 3100 теңгеге немесе 21%-ға, ал «Қаражыра» көмірінің бағасы 1000 теңгеге немесе 5-6%-ға арзандады,– деді Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек.

Ауылшаруашылық жерлерін суландыру тұрғысынан да облысымыз өзге әріптестеріне қарағанда көш бастап тұр. Отырыста облыс әкімі Амандық Баталов Үкімет басшысына өңірдегі суармалы жерлерді қалпына келтіруге қатысты атқарылған жұмыс ретін таныстырды.

– Облыста суармалы жерлер 583 мың гектарды құрайды, мұның ішінде суармалы егістік 475 мың гектар. Барлық суару желісінің ұзындығы 16500 шақырым. Облыс әкімдігі тарапынан ескі каналдарды коммуналдық меншікке қабылдау және оларды құжаттандыру жұмысы жүргізілуде. Суармалы жер шаруашылығын дамыту мақсатында облыста халықаралық қаржы институттарының есебінен 126,7 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру бойынша пилоттық жоба іске асырылуда. Ағымдағы жылы Ислам даму банкінің қаржылай қолдауының арқасында 18,9 млрд. теңгенің жобалары іске асырылуда. Оның ішінде, Ескелді ауданының суару жүйесіне қайта жаңғырту жұмысы жүргізіліп, бүгінгі таңда 1,6 мың гектар жер қалпына келтірілді. Ескелді ауданындағы жұмыстар біткен соң Алакөл, Ақсу және Көксу аудандарында 35,4 мың гектар жер қалпына келтірілетін болады. Еуропа қайта құру және даму банкінің қатысуымен 11 ауданның 91,3 мың гектар ирригация желісін қайта жаңғырту бойынша жобалық-сметалық жұмыстары өзірленуде. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 1,9 млрд. теңге бөлдік. Көлемі 81,8 мың гектар болатын суармалы жерлерді де қосымша айналымға енгізу бойынша су қоймаларын салу және апатты су қоймаларын қалпына келтіру ісі де жоспарланған. Сол қатарда Қызылағаш су қоймасын қалпына келтіру жобасы да бар. Қысқасы, облысымыздағы суармалы жерлерді суландыру жұмысы өз шешімін тауып отыр,– деді Амандық Ғаббасұлы.

Әр тараптың есебін тыңдаған Үкімет басшысы отырысты қорытындылай келіп, облыс әкімдеріне Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, келесі жылдың 1 қаңтарына дейін тарифтерді төмендету және басқа коммуналдық қызметтер бойынша тиісті шешімдер қабылдауды тапсырды.

Қ. АНДАС

■ЖАЙДАРМАН

ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Жаркент қаласының шығыс шетіндегі Сарыөзек-Қорғас тас жолы бойында екі қабатты «Көкбазар» атты жабық сауда орталығы пайдалануға берілді. Бұл орталықтың жалпы көлемі 5300 шаршы метр.

Базардың бірінші қабатында 250, екіншісінде 250 сауда орны жасақталған. Санитарлық талаптарға сай жасалған ғимараттың ішінде қыста жылытатын, жазда салқындататын құрылғылар орнатылған. Жаңа базарды Жаркент қаласының тұрғыны Серікбай Көбелеков әулетімен салды. Қазірдің өзінде бұл орталықтың бірінші қабатына көкөністер мен мал, құс етін, басқа да тауарларды саудалайтын 100-ге жуық адам орналасты. Екінші қабатта киім-кешек пен басқа мүліктер саудаланады.

Базардың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Шұхрат Құрбанов сөз сөйлеп, бүгінде өңірде 10 мыңнан аса тұрғынның шағын және орта бизнеспен шұғылданып жүргенін атап өтті. Сонымен бірге бұл орталық алдағы уақытта 500 адамға жұмыс орнын ұсынып, сауда-саттықтың өркен жаятынын сөз етті. Салтанатты сәтте жылы лебіздерін білдіргендер де өз тілектерін айтып, көпшіліктің қуанышымен бөлісті.

Салтанатты жиын соңы елге танымал өнер жұлдыздарының концертіне ұласты.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Жаркент қаласы

Jetisý

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

СҰХБАТ



ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Әбікенұлы УМБЕТОВ:

СӨЗІҢ мен ІСІҢ қабысып тұруы керек

– Серік Әбікенұлы, сіз өңірлердің басшысы болған кезіңізде елдің алдында жүрдіңіз. Халыққа қызмет еттіңіз. Ел арасында «Үмбетовтің үлгісі» деген сөз қалдырдыңыз. Алайда депутаттыққа келгелі көп көрінбей кеткен секілдісіз...

– Мен өзімді қазір де елдің алдында жүрмін деп санаймын. Жуырда Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауын жариялады. Әрбір Жолдауды халыққа жан-жақты түсіндіріп, өңірлердегі маңызды мәселелерді көзімізбен көріп, оны Мәжілісте жауапты орындардың назарына ұсыну – біздің басты міндетіміз. Егер заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындап жатса, оны тиісті орындар назарына ұсынумен қатар дер кезінде орындалуын да талап етеміз. Сонымен қатар, депутаттар өңірлерді аралап, елдің тұрмыс-тіршілігімен танысып жүреміз. Осы тұрғыдан алып қарағанда мен халықпен біргемін.

Ал, мен басшылық еткен өңірлердің тұрғындары сұрап, іздеп жатса, ол – менің сол өңірдің өркендеуіне аз да болса еңбегімнің сіңгені, үлесімнің болғаны деп білемін. Тұрғындардың үніне дер кезінде құлақ түргендігімнен болар.

Жәнібек Кәрменов: «Адам боп келдім өмірге, адам боп өту – тілегім» демеуші ме еді. Ал, адамша өмір сүру үшін бала кезден тәрбие дұрыс болу керек. Мені әкем жас кезімде аяған жоқ. Күннің суығына да, ыстығына да қарамай қара жұмысқа салды. Одан мен жаман болған жоқпын.

Кейбір ата-аналар баласының қиындық көрмей, тарықпай өскенін қалайды. Ол да дұрыс шығар. Бірақ, баланың бос белбеу емес, ширақ, шымыр, әр нәрсеге бейімді болып өскені болашақта өзіне жақсы. Жолында кездескен қиындықтарға берілмей, жігерімен жеңіп шыға алады.

– Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «алдымен экономика, сосын саясат» деген ұстанымда болды. Қазір экономикамыз даму үстінде, саясатымыз да бір жолға түсті. Енді Елбасымыз руханиятқа да көңіл бөлетін кез келгенін аңғартқандай. Өткен жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында да, кешегі «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында да осы салаға көп көңіл аударды.

– Рас айтасың. Экономикамыз да, саясатымыз да Елбасының арқасында бір ізге түсті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жағдай өте қиын еді. Ол кезде езіліп қалған елдің еңсесін тіктеу, тұралап қалған тұрмысты түзеу бірінші кезекте тұрды. Тәуелсіздікке дейін не тарихы жоқ, не әдебиеті жоқ, не мәдениеті жоқ, далада малдың соңында жерген ұлт ретінде қарап келді. Және соны санамызға сіңірді. Егемендік алғаннан кейін біз тарихымызбен табысып, өзіміздің кім екенімізді, бұрын кім болғанымызды білдік. Елбасымыз «алдымен экономика, сосын саясат» десе де руханиятты ешқашан ұмыт қалдырған жоқ. Бүгінгі Қазақстанның кезіндегі Алтын Орданың заңды мұрагері екендігін айтты. Алтын Орда хандығының заманында қандай болғанын білесіз.

Қазақтың тарихы тереңде жатыр. Сан ғасырлар бойы осы ұлы далада қаншама дүркіреген мемлекеттер құрылды, қаншама сәулет жарасқан, сән-салтанатымен атағы жер жарған қалалар салынды. Соның барлығы қазір біз мекендеп отырған осы ұлы далада болды. Егер тарихтың шаң басқан парақтарын ақтарып қарай бастасақ бұл даланың, бұл мекеннің жеті емес, жетпіс қырын табуға болады. Елбасымыз соның барлығын ұғынықты етіп, ұлттың танымтүсінігіне лайықтап, қазақ үшін қасиетті саналатын жеті санының маңайына топтастырып отыр.

Мемлекет басшысы мына ұлан-ғайыр даланы бекерге «Ұлы Дала» деп атаған жоқ. Бүкіл әлемнің батысы мен шығысына, оңтүстігі мен солтүстігіне мәдениет пен өркениеттің осы даладан тарағандығын тарихи қазбалар дәлелдеп отыр. Адамзат тарихында ең алғаш болып жылқыны қолға үйреткен де, оны мініп көлік қылған, жау шапқанда қару қылған, сауып саумалы мен қымызын ішкен де осы ұлы даланың тұрғындары. Яғни, біздің бабаларымыз. Ең ақыры тізгін мен үзеңгіні ойлап табуының өзінен де сол заманның тізгінін ұстағандардың аяқ тіреген жері осы дала болды деген ой қорытуға болады.

Аталарымыз ер баланы үш жасынан бастап ашамайға отырғызып, бес, алты жасында қолына тізгін ұстатқан. Бұл баланың бойында өзіне деген сенімділігін оятады. Қазірдің өзінде қалада өскен қазақтың өзі атқа қонса арқаланып кетеді. Неге? Себебі, атқа міну, жылқыға жанының жақын болуы оның қанында бар.

Елбасымыз «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында ұлы даланың ежелгі металлургиясы туралы айтады. Бүгінгі таңда тарихшыларымыз біздің тек көшпенді ел емес, отырықшы да ел болғанымызды айтып жүр. Оған дәлел – осы кен өндіру, метал өңдеу орындарының болғандығы. Бүгінгі дамыған технологияның жасай алмайтын бұйымдары мен өрнектерін жасағандығы. Ажары аймен таласқан қалалар салғандығы. Егер төрт түлігін айдап, тек түзде жүрген ел болса бұлардың біреуі де болмаған болар еді ғой.

Елбасымыздың «Қазақтың ешкімнен ұялмайтын тарихы бар» деген тамаша сөзі бар. Расында да тарихы бай, ешкімнен кем емес, ешкімнен артық емес, жалпымен тең дәрежедегі елміз.

– Жалпы өзінің тарихын білу арқылы ұлттың рухы көтеріледі ғой...

– Елбасымыз соны жақсы біліп отыр. Тек кезінде бодандықтың салдарынан тарихымыз көміліп, біразы бұрмаланып кетті. Егер сол тарихты қайта қарап, анығын айтатын болсақ, ұлттың рухы көтеріліп, еңсесі тіктелері анық. Қазіргі латын графикасына көшкелі отырғанымыздың өзі сананың сілкінісі. Бұл қадамдардың барлығы Елбасымыз айтып жүрген қоғамдық сананы өзгертуге алып келеді. Ол үшін оның өткен замандарда басынан кешкен кезеңдерін сана елегінен қайта өткізу керек. Естеңеге кіріптар емес, ешкімге тәуелді емес жаңа қазақтың санасын қалыптастыру қажет. Содан кейін ғана дүниеге санасы таңның нұрындай таза ұрпақтың, жасампаз ұлттың көзімен қарай аламыз.

– Сіз де ұлттың рухын оятуға, дүние танымының өзгеруіне біраз жұмыс жасадыңыз. Ел үшін жанын қиған батырларға ескерткіш орнаттыңыз.

– Мен жасаған жұмыстың барлығы да ең алдымен осы Тәуелсіздігіміздің арқасы. Елдің алдында жүргеннен кейін қашанда сөзің мен ісің қабысып тұруы керек. Сөзіңді сұлулап сөйлегенмен ісің жөнді болмаса елдің алдында абырой да, бедел де болмайды. Сосын, қазақты жерге, жүзге, руға қарап сүюге болмайды. Қазақ деген – тұтас ұғым. Бұл ретте қазақтың мақал-мәтелдері мен ауыз әдебиеті үлкен мектеп. Сондықтан да осы мақал-мәтел мен ауыз әдебиетін арнайы кітап қылып бастырып, елге тараттым. Ол қазақтың дәстүрін жаңғыртуға аз да болса өз үлесімді қоссам деген ойым еді. Себебі, ол кітапты оқыған әрбір адам өзіне керегін алады, ойланады.

Ат бәйгесін, ұлттық ойындар өткізуге мүмкіндіктер тудырып, халықтың біріге жұмыс істеуіне қозғау салдым. Сөйтіп, елді серпілте сергітіп алып, тағы бір тың қадам ретінде ескерткіш белгілер орнату қолға алынды. Әлбетте, тарихи деректерге сүйене отырып әрі белгіленген стандартқа сай осыдан төрт жүз жыл бұрын ел қорғаған қазақтың даңқты батыры – Қарасай батырға, одан берідегі қасиетті Райымбек батырға, Өтеген, Қабанбай, Сұраншы, Саурық батырларға өздері найзаның ұшымен, білегінің күшімен қорғаған қазақ даласына ескерткіштер орнаттырдым. Қазақтың билері – Ескелді, Балпық пен Қаблиса жырауға, оқымыстысы – Қадырғали Жалайыриға, ақындары – Сүйінбай, Жамбыл, Мұқағалиға, ұлтымыздың ірі өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері Тұрар Рысқұлов пен Мұхаметжан Тынышбайұлына, сазгері – Нұрғисаға деп жалғаса беретін жалпы тарихи тұлғалардың ескерткіштерін Астанада, Алматыда, Таразда, Талдықорғанда орнатуға мұрындық болдым. Бұлардың барлығы ұлтына жан-тәнімен беріліп қызмет еткен тұлғалар. Кейінгі ұрпақ олар туралы білуге міндетті. Елбасы да мақаласында «Ұлы Даланың ұлы есімдері» дейтін саябақ ашуды, «Ұлы Дала тұлғалары» дейтін серия шығаруды міндеттеп отыр емес пе?! Мұның барлығы болашақ ұрпақтың қамын ойлағаннан деп білемін.

– Өмірде көргені мол, түйгені мол алдыңғы буын ағасыз. Жастарға қандай кеңес айтасыз?

– Бүгінгі жастар бақытты. Мемлекет жастарға барлық жағдайды жасап қойды. Білім іздеймін дегендердің «Болашақ» бағдарламасымен әлемнің кез келген еліне барып, ең озық оқу орындарында білім алуға мүмкіндігі бар. Жұмыс жасаймын дегендеріне де, бизнеспен айналысамын дегендеріне де арнайы бағдарламалар қарастырылған. Қазір біздің жастар ақылды. Кейде кейінгілерге қарап отырып сүйсінемін. Ертең елдің басындағы бүгінгі бағын ұшырмай, тыныштығын бұзбай, шаңырағын шайқалтпай ұстап отыратын осылар ғой.

Алайда кейбір жастар жастықпен, албырттықпен осы мүмкіндіктердің барлығын елемеуі мүмкін. Бірақ, сәл уақыт өткеннен кейін осыншалықты мүмкіндікті дер кезінде пайдалана алмағанына, өз уақытын босқа өткізіп алғанына өкінетін болады. Өмір адамға бір мәрте ғана беріледі. Оның өзі сынақ. Сондықтан өмірді өкінбейтіндей қылып сүру керек.

Менің жастарға айтар ақылым, түрлі адасқан ағымдардың ізімен емес, бабаң салып кеткен сара жолмен жүр. Еңбектен қашпа. Адалдықтың ақ жолынан аттама. Ата-анаңды, Отаныңды ешқашан жерге қаратпа. Кезінде Мағжан ақын «Мен жастарға сенемін» деп жырлады ғой. Бүгінгі таңда Елбасымыз да «Болашақ жастардың қолында» деп үнемі жастарға жол сілтеп, қамқор болып, солардың болашағына алаңдап жүреді. Елбасының сенімі ол – елдің сенімі. Сондықтан жастарға қашанда ел сенімін ақтай біліңдер дегім келеді.

Олжас СӘНДІБЕК
Астана қаласы

ШАҢЫРАҚ

ТАТУЛЫҚ – САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Талдықорғандағы Достық үйінде өткен «Жетісу – достық өлкесі» атты жаңажылдық кездесуге қатысып, өлкедегі ынтымақтың, татулықтың, ырыс-құт, бақ-берекенің бастауында тұрған ұлтаралық келісімді берік ұстану қажеттігін тілге тиек етті. Жиында Жетісу жерінің өткен жылғы жетістіктері сараланып, алдағы уақытқа жоспарланған ауқымды жобалардың барысы таныстырылды.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Алқалы жиынды ашып, жүргізіп отырған облыс әкімі егіншілік, мал шаруашылығындағы, өнеркәсіп саласындағы табыстар мен жаңадан салынып, ел игілігіне берілген өндіріс орындарының, Райымбек, Кеген аудандарында қолға алынып жатқан жобалардың барысын әңгімелеп, облыс экономикасының қарқынды дамуына үлес қосып отырған шаруашылықтарды ерекше атап өтті. Сонымен қатар білім, денсаулық сақтау, спорт, туризм сынды салаларда қарқын алған жұмыстарды паш етіп, былтыр облыс табысының еселеп өскеніне көңіл аударды. Жетісу шаруалары өсірген қант қызылшасы, жүгері, картоп сынды дақылдар мен жеміс-жидектер, ет өнімдері жұртшылық сұранысын тудырып, таза табиғи өнімді экспортқа шығару ұлғайғанын ерекше айтып өткен өңір жетекшісі Алакөл, Балқаш, Көлсай сынды су айдындарын шет мемлекеттерден келген миллиондаған турист тамашалағанын мақтанышпен атады. Осындай жетістіктің артында Жетісу жұртшылығының ынтымағы, татулығы, келісімі жатқандығын атап өткен Амандық Ғаббасұлы былтыр этномәдени бірлестіктер ұлтаралық және дінаралық келісімді нығайтуға арналған 70-тен астам түрлі шара өткізгеніне тоқталды. Сонымен қатар облыстың барлық аудандары мен ауылдық округтерінде жұмыс істеп жатқан Аналар кеңесі мен Қоғамдық келісім кеңестерінің жұмысына жоғары баға берді. Сондай-ақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында және «Ұлы Даланың 7 қыры» атты тарихи-танымдық мақаласында айтылған міндеттер мен тапсырмаларды орындау мақсатында көптеген жұмыстар атқару керектігін ескертті. Одан соң кезекпен сөз алған «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің құрметті мүшесі Светлана Гаитова, «Шымыр» ЖШС-нің директоры, Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты Руслан Валишанов, облыстық орыс орталығы төрағасының орынбасары Лариса Котельникова, Аналар кеңесінің мүшесі Ғалия Ақбасова өңір жетістіктеріне ризашылық білдіріп, татулық пен ынтымақтың туы асқақтай беруін тіледі.

Жиын соңында еліміздегі тыныштық пен бейбітшіліктің тұрақтануын насихаттаған Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен сала қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталса, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының жанындағы Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен берілген Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» Алтын медалін облыс әкімі А. Баталовтың өңіріне қадады.

БРИФИНГ

ТАРИФТЕР ТӨМЕНДЕДІ

Елімізде бірінші қаңтардан бастап коммуналдық қызметтердің тарифі арзандады. Бұл туралы өңірлік коммуникация қызметінде өткен брифингте сөз болды.

Қажет АНДАС

Шарада облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Асқар Кенженов, табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті басшысының орынбасары Гүлнар Шарапиева және аталған департаменттің бөлім басшысы Айжан Сәрсенбейқызы электр қуатымен, жылумен, сумен жабдықтау мекемелерінің тарифтері төмендегенін баяндады.

– Табиғи монополия субъектілерінің 2017 жылы тарифтік сметаны немесе инвестициялық бағдарламаны орындау есептерін қарастыру бойынша облыс аумағында 57 субъектінің қызметтері төмендетілді. Ол үшін 1,7 млрд. теңге уақытша өтемдік төлемақы бекітілді. Аталған сома осы бір жылда коммуналдық қызметтердің тарифін төмендету арқылы тұрғындарға қайтарылады. Сонымен қатар, Елбасының тапсырмасы бойынша 36 табиғи монополиялық субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің уақытша өтемдік тарифі төмендетіліп, оған 672 млн. теңге жұмсалды, – дейді облыстық табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің бөлім басшысы Айжан Сәрсенбайқызы.

Мамандардың айтуынша, бір ғана Талдықорған қаласындағы коммуналдық қызметтердің құны 10 пайызға дейін арзандапты. Мысалы, қаланы жылумен жабдықтау мекемелерінің тарифі қосымша құн салығын қоса есептегенде 1 Гкал жылудың құны 2772 теңгеден 2513 теңгеге төмендеген. Осыған дейін тұрғындар бір текше метр ыстық суға 207,53 теңге төлеп келсе, енді 186,78 теңге шығындайды. Бір текше метр суық судың құны 67,66 теңгеден 61,37 теңгеге арзандады.

Жарықты көп пайдаланатындар үшін де жағымды жаңалық бар. Бұрынғы жылы 1кВт жарыққа төлейтін 16,39 теңге енді 14,68 теңгеге ауысып, құны 1, 71 теңгеге арзандады.

Бұл жұмыстар әлі де жалғасып жатыр. Осы айдан бастап аудандағы су құбырларының тарифін төмендету шарасы қолға алынбақ.

БӘРЕКЕЛДІ!

КӨЛІК КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қолдауымен аймақтың су шаруашылығы саласын жандандыру мақсатында облыстық бюджет есебінен 151 миллион теңге көлемінде қаржы бөлінді. Бұл қаражат аталған саладағы жұмысты жүргізуге қажет алты автокөлік пен алты экскаватор сатып алуға жұмсалды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жаңа жыл қарсаңында облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Мақсұт Жапаров мемлекеттік және коммуналдық су шаруашылығы кәсіпорындарының директорларына аталмыш техниканың кілтін табыс етті.

– Біз техника алғанымызға өте қуаныштымыз. Осындай игілікті іске мұрындық болып, қол ұшын созған облыс басшысына деген алғысымыз шексіз. Ендігі кезекте жаңа техниканың күшімен жұмысымыз алға басады деген сенімдеміз. Жақсы істер жалғаса берсін!, – дейді өз ойларымен бөліскен су шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары.

Мамандардың ісіне сәттілік тілеген Мақсұт Рамазанұлы жаңа көліктердің алдағы уақытта су шаруашылығы саласындағы жұмыстарды жандандыруға ықпал ететінін және бұл саланы дамытудың ауылшаруашылығына оң әсерін тигізетінін әңгімеледі.

Айта кетейік, бүгінде облыстың су шаруашылығы саласын дамыту бағытында бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Мәселен, айналымнан шығып қалған суармалы жерлердің суландыру жүйелерін қалпына келтіру үшін халықаралық қаржы институттарының қаражаты тартылуда.

Ағымдағы жылы Ескелді ауданының суару жүйелерін қайта жаңғыртуға Ислам даму банктен 1,5 млрд. теңге көлемінде қаражат тартылды. Келесі жылы мұндай жұмыстарды Ақсу, Алакөл, Көксу аудандарында жүргізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, облыстық коммуналдық меншіктегі апаттық жағдайдағы су шаруашылығы нысандарын күрделі жөндеуге жыл сайын облыстық бюджеттен шамамен 1,5–2,0 млрд. теңге қаражат қарастырылып, жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

«7-20-25»

БАҒДАРЛАМА БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс әкімдігінде өңір басшысының бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ елді мекендерде жүргізіліп жатқан «7-20-25» бағдарламасы туралы аудан, қала әкімдері, олардың орынбасарлары және жауапты адамдардың басын біріктірген селекторлық жиын өткізді.

Серік ҚАНТАЙ

Жиында «7-20-25» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар реті тыңдалды. Жалпы облыс аумағында аталған бағдарлама бойынша үй алуға 133 ұсыныс түскен. Ал солардың ішінен екінші деңгейдегі банктер арқылы 68 өтінішке рұқсат берілген. Лаззат Махатұлы осы бағытта арнайы мониторинг жүргізіліп жатқандығын да жеткізді. Апта сайын әр мекеннің еңбек нәтижесін бақылап отыруды, бас қосып талқылауды да дағдыға айналдырған.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында Іле, Қарасай, Талғар және Алакөл аудандары қарқынды жұмыс жүргізіп жатыр. Қапшағай қаласында да бірқатар өтінімдер мақұлданды. Басқалармен салыстырғанда Талдықорғандағы жұмыс нәтижесі орташа. Лаззат Махатұлы бағдарлама бойынша оң нәтиже көрсете алмай жатқандарға еңбектену туралы қадап айтты. Қаңтарда есеп бергенде қаңтарылып қалмауларын талап етті.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары айтқан сыннан қорытынды шығарамыз деп тарқасты.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№3
(18567)

Бейсенбі,
10 қаңтар,
2019 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Жаңа нысан

Талғар ауданының аумағында «Oi-Qaraǵai Lesnaya Skazka» тау-шаңғы демалыс орны пайдалануға берілді. Жаңа кешеннің ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ отандық туризмнің өркендеуіне мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп отырғанын атап өтті.



ТАУ-ШАҢҒЫ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Болат МӘЖИТ

Шаңғы кешенінің ашылу салтанатында:

– Бұл кешен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына сай орындалған игілікті істердің бірі. Келешекте осындай демалыс орындарының саны артып, Шымбұлақ пен Түрген шатқалын жалғастыратын болады. Соның нәтижесінде 2025 жылға қарай Алматы өңіріне ағылатын туристердің саны 4 миллионға жетеді деп жоспарланып отыр. Осы мақсатта «Қазақ Туризм» Ұлттық компаниясымен, отандық кәсіпкерлермен бірлескен жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі ашылып отырған заманауи тау-шаңғы кешеніне 60 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция салынды. Үлкен жобаны қолға алуға белсене қатысқан жергілікті кәсіпкер Ерлік Балпанбаевтың ерен еңбегін атап өтуіміз керек. Аталған іске мемлекет тарапынан да барынша қолдау көрсетілуде. Өткен жылы жергілікті бюджет есебінен «Лесная сказка» демалыс орнына дейінгі тасжолдың 6,2 шақырымы күрделі жөндеуден өткізілді. Бөлінген қаражаттың жалпы құны – 497 миллион теңге. Туризм кластерін дамыту ары қарай да қарқынды түрде жалғаса беретін болады, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Алатау бөктеріндегі демалыс кешенінің жалпы аумағы 85 гектарды құрайды. Ол теңіз деңгейінен 1800 метр биіктікте орналасқан. Шаңғы тебуге арналған жолдың ұзындығы 13 шақырымға созылған. Онда кәсіби спортшыларға да, қарапайым демалушыларға да арнайы жолақтар қарастырылған. Сонымен қатар, бұл жерде скейтбордпен әуестенушілер үшін де барлық жағдай жасалған. Сырғанау алаңына әп-сәтте жеткізетін арнайы арқан жолдар үздіксіз қызмет көрсетуде.

Кешен аумағында дәмханалар мен қонақүйлер жұмыс істейді. Спорттық жабдықтарды жалға беретін орындар да жеткілікті. Тіпті, шаңғы тебуді үйретететін мамандар да осы жерден табылады. Демалыс орны күн сайын 2000-ға жуық адамды емін-еркін қабылдай алады.

«Лесная сказка-Апорт-Ақ тас» компаниясының президенті Ерлік Балпанбаевтың айтуынша, алдағы уақытта шаңғы жолдарын 40 шақырымға дейін ұзарту жоспарланып отыр.

– Әрине, атқарылған жұмыстардың көлемі үлкен. Осының бәрі дер кезінде көрсетілген қолдаудың нәтижесі деп білеміз. Осындай игі істерге назар аударып, ұйытқы болған облыс әкіміне айтар алғысымыз шексіз, – деді кәсіпкер.

«Oı-Qaraǵaı Lesnaya Skazka» демалыс кешені тек қыс қызықтарымен ғана шектелмейді. Жыл он екі ай қонақтарға тұрақты қызмет көрсетеді. Жаз мезгілінде мұнда келетін туристер атқа мініп, таза ауада серуендейді. Сондай-ақ, велосипедпен саяхат жасауға да мол мүмкіндіктер бар. Кешен ашылған күні келушілердің бәріне тегін қызмет көрсетілді. Ойын-сауық бұқаралық сейілге ұласты. Балалардың қуанышты күлкісі айналаны әдемі әсерге бөледі.

Талғар ауданы

Rýhanı jańǵyrý

JARQYN JÚZDESÝ

№4 orta mektepte «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyrý» Elbasy maqalasy aıasynda, «Tárbıe jáne bilim» kishi baǵdarlamasynyń «Otanym – taǵdyrym» baǵyty negizinde «Tekelilik tulǵalar» taqyrybymen kezdesý keshi ıtymdastyryldy.

Keshke Eńbek Qyzyl Tý, «Qurmet» ordenderiniń ıegeri, QR Mádenıet qaıratkeri, QR Jazýshylar jáne Jýrnalıster odaqtarynyń múshesi, Qazaqstannyń Qurmetti jýrnalısi, Eskeldi aýdanynyń Qurmetti azamaty Sábıt Bıbolov, satırık aqyn Qydyr Baıdúısenov, qoǵam qaıratkeri Marıa Kýrakova shaqyryldy.

Oqýshylar jurtshylyqtyń aldynda atalǵan tulǵalar týraly daıyndap ákelgen tanystyrylymdaryn qorǵady, suraqtar qoıyp, aqyn-jazýshylarmen suhbattasty. Kesh qonaqtary óz shyǵarmashylyǵymen, bastan ótken qyzyqty jaıttarmen bólisip, oqýshylarǵa ónege bolarlyq áńgimelerin aıtty.

Kópshilikti qyzyqtyrǵan kezdesýdiń ekinshi bólimi qonaqtarǵa arnalǵan shaǵyn konserttik baǵdarlamaǵa ulasty. Sońynda qonaqtarǵa gúl shoqtary men syılyqtar usynyldy. Osyndaı emen-jarqyn júzdesýden zor áser alǵan oqýshylar kezdesý keshinen kóterińki kóńil-kúımen tarqasty.

Bul is-sharanyń joǵary deńgeıde ótýine osy mekteptiń dırektory Sáýle Qosymbekova, tárbıe isi jónindegi orynbasary Symbat Jumaǵalıeva, áleýmettik pedagog Gúlzıra Matenbaeva, pedagog uıymdastyrýshy Aıgerim Beksultanova, qazaq tili men ádebıeti pániniń muǵalimderi Sabıra Dinbaı, Gúlmıra Ótepova belsene atsalysty.

Shora BATYRBAEV
Tekeli qalasy

◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇

Bárekeldi!

Aýylǵa robot keldi

Raıymbek aýdanynyń Saryjaz aýylynda ótken jyly 600 oryndy zamanaýı mektep ǵımaraty paıdalanýǵa berilgen bolatyn. Endi mine, sol jarqyrap, jaınaǵan mektepke aqyldy robot tehnıkasy keldi.

Atap aıtqanda, ulaǵatty ustaz Juman Úsenulynyń atynda robototehnıka kabınetı ashyldy. Búginde 85 jasqa kelgen Juman ata jubaıy, «Altyn alqaly» ana Keýerhan Mamyrhanovamen 10 ul ósirip, tárbıelegen. El men jerin súıgen, týǵan aýylyn ardaqtap, bilim alǵan mektebin qurmettegen urpaǵy mektepke osyndaı syı jasaýdy jón kóripti.

– Balalarymyz baqytty bolsyn! Zamanymyz tynysh bolsyn! Óser urpaqtyń órisi keńisin! – dedi robototehnıka kabınetiniń saltanatty ashylýynda ulaǵatty ustaz, qadirmendi qarıa Juman Úsenuly.

Osynaý qýanyshqa ortaqtasqan Raıymbek aýdandyq bilim bóliminiń basshysy Saıat Úmbetalıev, «Qamqor-2» kásipodaǵy qoǵamdyq birlestiginiń tóraǵasy Ulyqpan Ábekov, Alban Asan Barmanbekuly atyndaǵy orta mektep-gımnazıasynyń dırektory Ádiljan Nókeev sóılep, qutty bolsyn aıtty.

– Osy bir qasıetti topyraqta jaralǵan soń quralaqan otyrmaıyq dedik. Jas urpaǵymyz robottyń ne ekenin bilip óssin. XXI ǵasyr – ozyq tehnologıanyń zamany. Jastarymyz ýaqyt talabyna saı bilim alsyn. Osynaý qymbatty mektebimizden aıtýly azamattar shyqsyn, – dedi atalǵan kabınettiń ashylýyna negiz qalaǵan Baqyt Úsenov.

Bilim ordasynyń ınformatıka páni muǵalimi Baǵlan Sybanbaev kabınetke ákelingen jańa dáýir jaýharlarymen tanystyrdy. Shaǵyn kólemdi aqyldy robot tehnıkalary ártúrli sharýa atqarýda.

Ǵylym men tehnıka jetistigine qarap boı túzep óssem degen oqýshylar úshin bul tamasha tartý boldy. Sol úshin de ulaǵatty ustaz Juman Úsenulynyń urpaǵyna alǵystan basqa aıtarymyz joq.

Qanat BIRJANSAL
Raıymbek aýdany

Татулық – тірегіміз



Облыс әкімінің орынбасары Ақан ӘБДУӘЛИЕВ, облыстағы дін істері басқармасының басшысы Рахмет ЕСДӘУЛЕТОВ Талдықорғандағы Иоанн Богослов соборында православ христиандарын Рождество мерекесімен құттықтады.

Мерекемен құттықтады

– Тұрақтылық пен келісім бекем орныққан біздің елімізде түрлі ұлт өкілдері мен сан тараулы діни сенім иелері тоғысып, тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр. Рождество – үндестікті, мейірім мен өзара түсіністікті бейнелейтін ерекше мереке, – деп атап өтті өз сөзінде Ақан Жылқышыбайұлы.

Артынша құттықтау сөз сөйлеген иеромонах Клавдиан Поляков шіркеуге келушілерді мерекемен құттықтап, арнайы келгендерге өз ризашылығын білдірді.

Шара соңында облыс әкімінің орынбасары балаларға рождестволық сыйлық таратты. Жеткіншектер көңілі – шат-шадыман.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Ел игілігі

Әлеуметтік салаларда жұмыс істеп жүрген мамандардың, нақты айтқанда, тәрбиешілердің, медбикелердің, фельдшерлердің, жүргізушілердің, санитарлардың, сондай-ақ, басқа да тазалықты қамтамасыз етіп жүрген техникалық жұмыскерлердің бүгінгі таңда алатын жалақысы төмен.

ЖАЛАҚЫ ӨСТІ

Қажет АНДАС

Сондықтан Елбасының тапсырмасы бойынша биыл ең төменгі жалақыны 42500 теңгеге өсіру қолға алынды. Облыстық еңбек инспекциясынан алынған ақпаратқа сенсек, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің есебі бойынша облыста 42,5 мың теңгеден төмен жалақы алатын 125 мың 910 жұмыскер бары анықталған.

Осыған орай, өткен жылдың соңғы айларында аталған инспекция тарапынан өңірдегі еңбекақысы төмен қызметкерлердің жалақысын арттыру мәселесі бойынша жол картасы бекітіліп, жұмыс жүргізіле бастады. Ондағы іс-шаралар жоспарына сәйкес тізімдегі кәсіпорындарға мониторинг жүргізу арқылы ең төменгі санаттағы жұмыскерлердің еңбекақысын көтеруге байланысты ұжымдық шартқа, жұмыс берушілердің актілеріне және еңбек шартына өзгерістер енгізу туралы жұмыс берушілерге ақпараттық түсіндіру жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар, жұмысшылардың жалақысын көтеру жөнінде әкімдік, өңірлік кәсіпкерлер палатасы, аумақтық кәсіподақтар бірлестігі және ірі кәсіпорындар төртжақты меморандумға қол қойды. Осындай жұмыстың нәтижесінде бүгінде облыс бойынша 46741 кәсіпорында ең төменгі санаттағы 99402 жұмыскердің еңбекақысы қаңтардан бастап көтерілетін болды.

Елімізде еңбекақыны көтерудің бұдан басқа да баламалы тәсілдері атқарылуда. Мемлекет басшысы Үкіметке ұстаздардың еңбекақысын 50 пайызға көтеруді тапсырды. Осы тапсырма бойынша былтыр қаңтар айынан бастап, ұстаздар жоғарылатылған еңбекақы алатын болды. Бірақ мұғалімдер жалақысын көтеру үшін халықаралық стандартқа сай тест тапсырады. Әрі ұстаздар үнемі өзін-өзі жетілдіріп, ізденісте болуы тиіс.

Қазіргі таңда елімізде еңбекақы саясаты өз тәртібімен, тәжірибесімен атқарылуда. Тіпті, Елбасының былтыр күзде берген тапсырмасы қысқа уақыттың ішінде өз жемісін беріп үлгерді. Бұл ретте еліміздегі кәсіпорындардың белсенділігі өте жоғары.

Достық үйіне – 10 жыл



Ұлы Даланы мекендеген жүзі басқа, жүрегі бір, тілі басқа, тілегі бір ұлт өкілдері еліміздегі бірліктің бекемдігін бұзбай, бейбіт өмір сүруде. Осыншама ұлт пен ұлыстың өкілі бірге тұрып, араласа қызмет етуі, ынтымақ пен ырысты жарастырып отырғаны – үлкен жетістік. Бұл жерде қоғамдық келісім мен этносаралық ынтымақты нығайту мақсатында жұмыс атқаратын облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы мен «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» алар орны ерекше.

КЕЛІСІМ мен ТАТУЛЫҚ мекені

Бүгінгі күні Жетісу жерінде ынтымағы жарасқан 105 этностың өкілі өзара тату-тәтті өмір сүруде. Сонымен қатар, 71 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Оның 26-сы облыстық деңгейде әртүрлі шаралар өткізумен айналысса, 35-і аудандарда және 10-ы өңірдегі Талдықорған, Қапшағай, Текелі сынды қалаларда тіркелген. Осыған қарап, елімізде өмір сүріп жатқан өзге этностардың мәдениетінің дамып, салт-дәстүрінің сақталуына лайықты жағдай жасалғанын байқау қиын емес. Облыстық этномәдени бірлестіктер мен олардың аудан, қалалардағы филиалдары Достық үйінде республикалық, облыстық, қалалық, аудан деңгейінде өтетін әртүрлі форматтағы әлеуметтік-мәдени шараларға белсенді түрде қатысады.

Былтыр облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы халықтың береке-бірлігін нығайту, мәдени-рухани байланысын жандандыру, ұлтаралық қарым-қатынасты дамыту мақсатында бірнеше ауқымды жоба ұйымдастырды. Атап айтқанда, «Бейбітшілік пен келісім жол картасы», «Ұлы Жібек жолы бойындағы сұхбат», «Рухы бекем, киелі мекен – Жетісу» ғылыми-танымдық экспедициясы, «Қазақтану» жобасының «Ұлы Дала елінің қонақжай қасиеті» мәдени-көпшілік шарасы аясында «Қымызмұрындық» фестивалі, «Туған жер», «Бірлік» халықаралық жастар лагері және «100 жаңа есім: табысты болу жолы» жазғы мектебінің жұмысы жоғары деңгейде өткізіліп, көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Енді биылдан бастап «Қымызмұрындық» фестивалі республикалық бағдарлама ретінде енгізілмекші. Одан бөлек, Достық үйлері арасында тәжірибе алмасу мақсатында Жамбыл, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласында «Ынтымақ шеруі» фестивалі, шекара аймағындағы ынтымақтастық бойынша Татарстан республикасының астанасы Қазан қаласында «Достықта жоқ шекара» атты халықаралық фестиваль ұйымдастырылды. Сонымен қатар, қоғамдық келісім кеңестерінің қызметіне арналған «Ауылым – алтын қазынам» V облыстық форумы, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының облыстық штабы «Өзіңді көрсет» стартапы мен «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасын іске асыруда жалпықазақстандық «Астана бейбітшілік бесігі» атты ашық диктант жазу шарасы өткізілді.

Жетісулық этномәдени бірлестіктер Астананың 20 жылдық мерекесі аясында ұлтаралық бірлік пен келісімді нығайтуға арналған шаралар ұйымдастырды. Мысалы, Достық үйінде «Күміс тамыр» облыстық Қытай этномәдени бірлестігі «Абыройы асқақ Астана!» атты форум, облыстық Әзірбайжан этномәдени бірлестігі «Астана – мемлекеттік тілдің тірегі» атты «дөңгелек үстел», Талдықорған аумақтық «Видергебурт» неміс қоғамы Таубұлақ экокемпингінде «Мақтанышым – Астана» атты жазғы маусым лагерін, облыстық «Ахыска» Түрік этномәдени бірлестігі «Аналар күні» атты қайырымдылық акциясын, «Сафар» тәжік қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Ата Заңым – елдігімнің айғағы!» атты облыстық форумын өткізіп, көрерменнің көңілінен шыққан қадамдар жасады.

Жетісу жерінде өмір сүретін ұлттар мен ұлыстар мемлекеттік тілдің дамуына да өзіндік үлес қосып келеді. Мысалы, облыстық этнос өкілдері арасында «Көркем ой. Көркем тіл. Көркемсөз» атты байқауы өтіп, қазақ тілінің мәртебесінің артуына қажетті қадам жасалды. Сондай-ақ, өңірдегі жетекші журналистер мен сарапшылар клубының «Шаңырақ» шығармашылық байқауы бойынша облыста үздік деп танылған «Қазақстан» телеарнасының меншікті тілшісі Қуаныш Серікқанов, «Хабар–24» телеарнасының тілшісі Ардақ Қисаев, облыстық «Огни Алатау» газетінің бөлім редакторы, Bnews.kz агенттіктің меншікті тілшісі Хасан Еспанов республикалық деңгейдегі этносаралық «Шаңырақ» байқауына қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Былтыр Алматы облыстық Достық үйіне – 10 жыл толды. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі ашқан бірлік шаңырағы ұлтаралық қатынастарды сақтау мен нығайтуға, өңірде ғана емес, күллі республика бойынша ұлттық мәдениет пен дәстүрді дамытуға үлес қосып келеді. Осындай тынымсыз әрі жемісті жұмыстың арқасында ҚР Президенті – Елбасы құрған Қазақстан халқы Ассамблеясы әлемде баламасы жоқ қоғамдық институтқа айналып отыр. Соған байланысты Достық үйінің жұмыс ауқымы да, маңыздылығы да жыл өткен сайын ұлғая түсуде.

Достық пен ынтымақ – бұзылмайтын қорған, жол көрсетер бағдар десек, өңірдегі әр этномәдени орталық өз мәдениеті мен тілін, салт-дәстүрін сақтауға мүмкіндік ала отырып, ел игілігі жолында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарға белсенді қатысу арқылы Тәуелсіз Қазақстанның Көк байрағының аясына топтасуда. Осыған орай Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы, Достық үйінің қызметкерлері мен белсенділеріне, этномәдени бірлестіктердің мүшелеріне, облыстағы барлық этнос өкілдеріне халықтың достығы мен бірлігін нығайтуға, ұлтаралық келісімді сақтауға қосқан үлесі үшін шын жүректен алғысымды білдіремін.

Т. ҚАСЫМБЕРКЕБАЕВ,
«Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығы» КММ-нің директоры

Ұлы Даланың жеті қыры

БЕРЕКЕ мен БІРЛІК бастауы

Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы ұлт болып ұйысқан еңселі ел тарихының тереңде жатқанын тағы бір айғақтай түсті. Бұл – тарау-тарау тарихымыздың қайта түлеген шағында әрі жаһандану жолына қарышты қадам жасаған осынау уақытта дер шағында жазылған тағылымды дүние. Әсіресе, осы мақаладағы ел мен жердің қадірін асырып, қазақстандықтарды береке мен бірлікке шақыра отырып, өткен тарихымызды түгендеуге бағытталған тұстары мені қатты толғандырды.

Халқымыздың «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген тамаша нақыл сөзі бар. Егер Елбасының мақаласын оқып отырсаң осы ұғымның терең мәнін айшықтап бергенін анық аңғарасың. Басқасын қойғанның өзінде, мақалада Ұлы Даланың ежелден еркіндік пен өнердің, бейбітшілік пен өркениет бесігі болғанын байқайсың. Бала күнімізден аузы дуалы ақсақалдардан өскен өлкеміздің кемелділігі мен керемет тарихы туралы естіп өстік. Мақаланы оқып отырып сол аталар айтқан ақиқаттардың шындығын көз алдыма келтіргенім рас. Президент атап айтқандай, біздің өскен жеріміз адамзаттың ең алғашқы өркениет бесігі екендігі анық. Оны өзім көрген, сезінген дүниелерім арқылы да білдім. Расында, кезіндегі саясаттың салқынынан біз өткеніміздің жауһарларын ойымыздан өшіріп алдық. Бірақ тәуелсіз ел болып, етек-жеңімізді жинағалы сол асыл құндылықтар қайтадан жарқырап, Мәңгілік Елдің ертеңгі болашағы үшін жұмыс істей бастады.

Басқасын айтпағанның өзінде, Алтын адамның мекені болған Жетісу өлкесі – бай тарихтың бесігі. Қос Алатаудың қуыс-қуысының өзі де құт қонған елдің құдіретін асырып келді. Тіпті, мен бала кезден баурайларынан гүл теріп өскен Кетпен таулары мен оны бауырына алып жатқан Қарадала өлкесінің құпиясының шығырауына әлі күнге бойлай алмай келемін. Бір ғана шатқал ішімен ағатын Шарын өзенінің тау аралап, көрші елге барып, сондағы бірнеше өзенді өзіне қосып, Іле жағалауындағы кең-байтақ өлкені суландырып, Балқашқа құятынының өзі халқымыздың бай табиғатын, бауырмалдық болмысын көрсетпей ме? Тау арасындағы жақпар тастарға қашалған жартас суреттері мен ондағы сан ғасырдың тарихын сөйлеп тұрған жазбалардың сырын әлі күнге толық аша алмай келеміз. Қарадала төсіндегі жер астынан шығып, әлемдегі туристердің назарын өзіне аударған ыстық судың шипасы бүгінде қаншама адамға таза көңіл-күй, сырқатына ем сыйлап жатқаны да қуанышыңды еселейді. Оны қойшы, Алматы – Қорғас күрежолының бойындағы Ерен тоғайы тек әлемде екі-ақ жерде кездеседі. Соның бірі Америка құрлығында болса, екіншісі біздің туған жерімізде. Мұның өзі де табиғаттың сан құпиясы біздің өлкеде жатыр дегенді аңғартады.

Қысқасы, туған жеріміздің құндылықтары туралы бұдан ары да жаза беруге болады. Ең бастысы, Елбасы өз мақаласында көрсеткендей, сол құндылықтарды өзіміз ғана меншіктемей, енді бүкіл адамзаттың ортақ игілігіне айналдыру үшін жұмыс істеуіміз керек. Ол үшін ел болып жұмылып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғанымыз абзал. Өткен жылдан бері Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында өлкеміздегі қасиетті жерлердің біразы түгенделіп, көп жұмыстар істелді. Бұл игі істер енді Президенттің «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы тапсырмалар негізінде ары қарай жалғасатынына бек сенімдімін.

Ноғайбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
Ұйғыр аудандық мәслихатының депутаты

7-20-25

Өткен жылдың соңында құрылыс саласында атқарылған жұмыстар жайы баяндалған жиында облыстық құрылыс басқармасының басшысы Болат ТӘКЕНОВ жоспар бойынша белгіленген нысандардың салыну барысына тоқталған еді.

БАҒДАРЛАМА БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ



Осы ретте, «Президенттің бес әлеуметтік бастамасында» айтылған жатақханалар салу, коммуналдық шаруашылық саласындағы нысандар құрылысы, тұрғын үймен қамту, спорт, денсаулық сақтау, мәдениет салаларын жаңа нысандармен толықтыру мәселесі назардан тыс қалған жоқ. Әсіресе, көпшілікті «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы толғандырды.

Бір қарағанда бағдарлама аясындағы жұмыс қарқыны сәл баяу сияқты көрінетіні анық. Дегенмен облыстағы аудан, қалалар бар күшін жұмылдырып, «7-20-25» бағдарламасын атқаруға белсене кірісіп кетті. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, қазіргі таңда бұл жұмыс Қапшағай қаласында қарқынды. Талдықорған қаласы, Қарасай, Іле, Талғар аудандарында да ауқымды жұмыстардың атқарыла бастағаны мәлім. Десе де, жұмыстың кешеуілдеуінің де белгілі себептері бар екен. Әсіресе, құрылыстың жобалық-сметалық құжаттамасы мен мемлекеттік сараптамаға кететін мерзімінің ұзақтығы көп іске қолбайлау болса, бағдарлама бойынша үй алғысы келетіндердің банк арқылы құжаттарды реттеу, үміткерлердің төлем қабілетін анықтау, тағы да басқа жұмыстар уақыт алатын көрінеді. Облыс басшысының тапсырмасына орай облыстық мекемелер мен аудан, қала әкімдіктері ендігі қадамды нақ осындай кедергілерді болдырмауға бағыттап, үй алатындардың санын көбейте түсуді көздеп отыр.

Қажет АНДАС

Білім

ОЗА ШАПҚАН ОҚУШЫЛАР

Талдықорған қаласындағы №28 IT мектеп-лицейінде жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық олимпиада өтті. Үш күнге созылған сынақта 800-ге жуық оқушы 13 пән бойынша бақ сынап, білімдерін көрсете білді.

Алма ЕСЕНБАЕВА

Оқушылар бірінші кезекте тест сынағынан өтіп, екінші кезеңде жазбаша жұмыс орындады. Дарынды балалардың білімін сараптауда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тұран, СДУ, Нұр-Мүбәрак, Египет мәдениеті университеттерінің белді оқытушы, профессорлары әділқазылық етті.

Олимпиаданың жабылу салтанатында сөз сөйлеген облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов жеткіншектердің заманауи мектептерде лайықты білім алуына барынша мүмкіндік жасалып, дарынды балаларды қолдауға мейлінше көңіл бөлінетінін, соның арқасында жылдан-жылға олимпиада, ғылыми жоба жарысына қатысатын оқушылардың қатары артып келе жатқандығын айтып, бұл қуантарлық жағдай екендігіне тоқталды.

Келесі кезекте сөз алған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің оқытушысы, профессор, құқықтану пәні бойынша әділқазылар алқасының төрағасы Есіл Рахметов облыс оқушыларының жылда өтетін білім сайыстарында жоғары нәтиже көрсетіп келе жатқандығын, бұл өребәйгеде де балалар қабілеттерін жарқырата көрсете алғандығын атап өтіп, жас ұрпақтың алаңсыз білім алуына мүмкіндік ашып, осындай зәулім ғимарат салып берген облыс басшылығына ризашылығын жеткізді.

Өз кезегінде пән олимпиадасының жеңімпаздары марапатталды. Олимпиада қорытындысы бойынша 58 оқушы I орын, 126-сы II орын, 216 бала III орынды иеленді.

Дарынды балаларды оқытатын арнаулы мектептер арасында Талдықорған қаласындағы «Білім Инновация» лицейі, М. Арын атындағы № 24, № 20 арнаулы лицейлері және Есік қаласындағы А. Мәлкеев атындағы «Білім Инновация» лицей-интернаты жоғары нәтиже көрсетті. Ал, Қапшағай, Талдықорған қалалары, Іле, Еңбекшіқазақ аудандары ұпай бойынша үздіктер қатарынан көрінді.

Әділқазылар алқасының мүшелеріне де облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов Алғыс хат табыс етті.

Шығыс шырайы

Мен осынау сексен жылға тақау ғұмырымда өмірде болсын, істе болсын тыныштық тапқан жан емеспін. Қоғам тағдырына, ауыл өміріне алаңдаймын. Әсіресе, ауылдың өркендеп өскенін, қайнаған тіршілік ортасына айналғанын қалаймын. Егер ауылдан шыққан әрбір азамат өз ауылын өркендету үшін бар күш-жігерін салса, аймақ жетімсіреп қалмас дер едім.

ӨЛКЕ ТІРШІЛІГІН ОЯТҚАН

Ауылға көңіл бөлген азаматтар болса, олардың еңбегі еш кетпейді, халық өзі қолдап-қолпаштайды. Еліміздің азаматтарына бір жағынан үлгі, екінші жағынан патриоттық өнеге болсын деп мына бір кәсіпорынның тарихы мен әлеуметтік өмір үшін жасап жатқан еңбегін атап өткім келеді.

Әңгіме Жарма ауданының Әуезов ауылына үміт сыйлаған, тіршілігін қайта оятқан «Бақыршық тау-кен байыту» кәсіпорны туралы болмақ. Осыдан төрт жыл бұрын ауылға алтын қазуға кетпенін сүйреп келген ресейлік «Полиметалл» компаниясына ауыл адамдары күдікпен, күмәнмен қараған еді. Наразылық болып, істің сотқа дейін жеткен кезі болды. Бірақ Жарма ауданының №2 сотының судьясы Айгүл Кәлпебаеваның даналығы болса керек, жерді игеруге енді келген кәсіпорын мен халықтың арасында араздық туғызбай татуластырып, өзгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай ауызбіршілігі бір шешім шығарып берді. Ол үшін де Айгүл Тәңірбергенқызына алғыс айтамын.

Кейін үркіп қараған кәсіпорынның әлеуметтік өмірге деген ниеті ізгі, халыққа деген пейілі ерекше екенін байқадық, күмәніміз де сейіліп шыға келді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, көрші елден келген компанияның ауылға жасаған игі істері кент тұрғындарының келешекке деген ізгілігін оятты. Әу баста, келген күннен бастап халықпен кездесіп, олардың мәселесіне құлақ түріп, назын тыңдай бастады. Ауылда қос қолға бір күрек таба алмай жүрген жандарды жаппай жұмысқа алып, тіршілікті жандандырды. Әсіресе, Әуезов кентінің амбулаториясы мен балабақшасын жөндеп, тамырға қан жүгіртіндей болды. Ауылдан көшіп кеткендер қайта орала бастады. Елдің әр аймағынан жұмысшылар мен қызметкерлер келіп, ауылмен аралас-құралас болып, кіші бизнесін дамытуға, сырттан қаржы құйылуына мұрындық болды.

Кәсіпорын өкілдері әлеуметтік жағынан әлсіз отбасыларға үнемі қол ұшын созып, бас-көз болуда. Ірі мерекелерді назардан тыс қалдырған емес. Ауыл жұртшылығының көңілін көтеру үшін ірі мерекелерде той-думан ұйымдастырып, түрлі қаржылай көмек көрсетеді. Жыл сайын мектеп түлектеріне тегін білім гранттарын беріп, кейін жұмысқа алуда. Алдағы уақытта ауыл мектебін жөндеп, ауданға үлкен Спорт кешенін салуды ойлап отыр. Мұның барлығы тіршіліктің қызғаны емес пе?!

Кәсіпорынның басшылары Виталий Несис пен Юрий Овчинниковқа деген ауыл халқының атынан ризашылығымызды жеткізгім келеді. Өте қарапайым, халыққа жақын жандар. Ізгі басшылардың арқасында халық пен кәсіпорынның арасында ерекше ықылас, ауызбіршілік пайда болды. Ауылдың кез келген тұрғыны қоғамдық кеңес кезінде өз ойын айтып, кәсіпорыннан көмек сұрай алады. Өзінің экономикалық, өндірістік, қаржылық қиындықтары бола тұра елдің де мәселесін шешіп беруге тырысуда. Сол үшін де халық риза дер едім әрі Қазақстанның әрбір кәсіпкер азаматы ауылға осылай көңіл бөлсе екен, оны жандандыруға күш қосса екен деген үлкен тілегім бар.

Қайса НҰРТАЗОВ,
Әуезов кентінің тұрғыны, еңбек ардагері

Жарма ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы

Алматы облысының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың өткізілетіндігі туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы облыстық мәслихаты Алматы облысының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың өткізілетіндігі туралы хабарлайды (жұмыс тобының сандық құрамы: 10 мүше коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және азаматтар, 5 мүше мемлекеттік органдардың өкілдері).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері белгіленген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы хабарландыруға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жұмыс тобының мүшесіне кандидатура (болған жағдайда) ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы;

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.

Құжаттарды тапсыру мерзімі – осы хабарлама жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде.

Алматы облысының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру бойынша жұмыс тобына кандидатуралар туралы ұсыныстарды және өтініштерді қабылдайтын мемлекеттік орган – Алматы облыстық мәслихатының аппараты, пошта мекенжайы: Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік, 38, индекс 040000, электрондық поштаның мекенжайы – almoblmaslihat@mail.ru

Алматы облысының мәслихатына

_____
тұратын
(елді мекен, көше, үй, пәтер) кімнен
_____
_____
(өтініш берушінің А.Ә.Т., жеке куәлік № ____, берілді (қашан, кім))

Өтініш

Алматы облыстық қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелігіне қосу үшін өз кандидатурамды ұсынамын.

Мен осы өтініш арқылы «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) _____
2) _____
3) _____
4) _____
5) _____
6) _____
7) _____

Байланыс телефонының нөмірі _____
(жұмыс тобының отырысы туралы хабарлау үшін)

20___ ж. «____» _____ Өтініш берушінің қолы _____

Алматы облысының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушылар тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізілетіндігі туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы облыстық мәслихаты Алматы облысының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушылар тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Жұмыс тобының отырысына байқаушы ретінде қатысу үшін байқаушы болуға ниет білдірген адам Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде қатысу үшін осы хабарландыруға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті облыстық мәслихатқа ұсынады немесе электрондық поштаға жолдайды.

Құжаттарды тапсыру мерзімі – осы хабарлама жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде.

Өтініштерді қабылдайтын мемлекеттік орган – Алматы облыстық мәслихатының аппараты, пошта мекенжайы: Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік, 38, индекс 040000, электрондық поштаның мекенжайы – almoblmaslihat@mail.ru

Алматы облысының мәслихатына

_____
тұратын
(елді мекен, көше, үй, пәтер) кімнен
_____
_____
(өтініш берушінің А.Ә.Т., жеке куәлік № ____, берілді (қашан, кім))

Өтініш

Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде өз кандидатурамды ұсынамын.

Мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) _____
2) _____
3) _____
4) _____
5) _____
6) _____
7) _____

Байланыс телефонының нөмірі _____
(жұмыс тобының отырысы туралы хабарлау үшін)

20___ ж. «____» _____ Өтініш берушінің қолы _____

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 12
(18576)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Бейсенбі, 31 қаңтар, 2019 жыл.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz @#Jetisugazeti Jetisu2002@mail.ru

Jastar JYLY QAZAQSTAN 2019

ЕҢБЕКТІҢ ӨНБЕГІ БАР

Көксу ауданында Ершат Байғалықов атты жас кәсіпкер тұрады. Биыл 24 жасқа келген ол жоғары оқу орнын бітірген соң кеңседе отырып жұмыс істейтін жолды таңдап көреді. Бірақ өз алдына кәсіп ашуды армандайды. Басында түрлі жұмыспен айналысып, кәсіпкерліктің қыры мен сырын меңгеруге талпынды. Алайда күн сайын сан құбылған нарық оның жұмысын мандытпай қойды. Әкесімен ақылдаса келе мал шаруашылығымен айналысып, фермер болуға бекінді.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

Қажет АНДАС

Сөйтіп Бозтоған ауылындағы әкесіне тиесілі шаруашылыққа қолайлы жерді қарауына алып, жоспарын орындауға көшеді. Бозтоған ауылы жері шұрайлы, жемшөпті іргедегі егіс алқаптарынан-ақ жинап алуға тиімді, мал өнімін сатуға қалаға жақын, қысқасы, мал өсіруге қолайлы аймақ. Алайда оның жұмысы бірден жүріп кеткен жоқ. Өйткені жиырмаға енді ілінген жастың тәжірибесі тым аз болатын. Аудандағы сүт өнімдерін өңдейтін зауытқа өз еркімен жұмысқа кіріп, тәжірибе жинақтауға көшеді. Бірер жылда ол сүт өнімдерін өңдеудің түрлі құпиясын меңгеріп, болашақ арманын орындауға қадам жасайды. Былтыр «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы облыстық филиалында «Бастау- бизнес» жобасы бойынша қысқамерзімді курстан өтіп, бизнес жасаудың тәсілін үйренеді. Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы 4 миллион теңге несие алып, оның бір бөлігіне 13 бас сүтті бағытталған. Ершаттың да көші түзелді. 4 миллион несие бір есеге молайды. Қарамағында 50 гектар жайылым, жемшөп егетін 15 гектар суармалы жер бар. Биылғы мал азығын осы жерден қамдап алды. Сондай-ақ, бір жылдық кірісінің есебімен шөп шабатын, жинайтын техникаларды сатып алды. Мал басы да өсе түскен. Қазір оның бағымында 24 бас сүтті бағытталған ірі қара малы, бір үйір жылқы бар.

– Сиырлардың былтырғы төлдері де қатарға қосылып қалды. Биыл да олардың саны өседі. Бұл сиырлардың бәрі асыл тұқымды болғандықтан аналығын алып қалып, еркектерін басқа шаруашылықтарға сатамын. Ол қаржыға өзге қажеттіліктерді толықтырып отырмын, – дейді жас кәсіпкер.

Биылғы табыс та аз болмайтын көрінеді. Сиырлардың алды төлдей бастапты. Қалың сиырдың арасында құлдырандап шауып жүрген үш бұзуға біз де қызықтық. Қалған сиырлар да әне-міне төлдейтіні көрініп тұр. Сөз арасында Ершат биылғы Жастар жылынан көп үміт күтіп отырғанын айтып қалды.

– Өткенде Елбасы жастарды қабылдап, Жастар жылының басталғанын жариялады. Бұл мен үшін де үлкен сынақ. Демек, биыл шаруашылығымды кеңейтумен бірге сүт фермасын құру арманымды жүзеге асыруды қолға аламын. Жобасы дайын. Құжаттары бітсе, күзге қарай іске кірісемін, – дейді ол.

Жиырма төрт жастағы жас жігіттің жұмысынан гөрі болашаққа деген нық байламы, асқақ арманы бізді жігерлендірді. Енді бір жиырма төрт жылда еліне қамқор азамат болары айдан анық.

Бозтоған ауылы,
Көксу ауданы

ÁBILHAN QASTEEV – 115

TAǴYLYMY MOL KÓRME

Oblystyq kórkemóner galereıasynda Qazaqstannyń halyq sýretshisi Ábilhan Qasteevtiń 115 jyldyǵyna arnalǵan «Dara tulǵa» atty kórmeniń ashylý saltanaty ótti. Kórmege kórkemóner galereıasyna jınaqtalǵan týyndylar qoıylypty.

Ashylý saltanatyna qatysqan sýretshiler men galereıa qyzmetkerleri Ábilhan Qasteevtiń óneri men ómiri jaıynda áńgimelep, qazaq sýretshileriniń arasynda shoqtyǵy bıik tulǵanyń ózindik stılin tilge tıek etti. Taldyqorǵan kórkemsýret mektebiniń ustazy, zerger Baqtybaı Naızabekov kóne zamandardan bastaý alatyn qazaq óneriniń álemdik órkenıetke eleýli úles qosqanyn atap ótip, Qasteevtiń shyǵarmashylyǵynan mysal keltirdi.

– Arnaýly bilimsiz-aq osy ónerdi jetik meńgergen Ábilhan atamyz erekshe sýretkerligimen tanylǵan. «Sýret salýdy qaıdan úırendiń?» degen suraqqa: «Eshkiniń múıizinen, qoıdyń qulaǵynan, taýdyń bulaǵynan» – dep jaýap bergen eken. Iaǵnı tabıǵattan týyndaǵan ónerdiń káýsar bulaǵynan bastaý alǵanyn kóremiz, arıne, keıinnen ataqty sýretshi N. Hlýdovtan bilim aldy, – deı kele, ol bul dúnıejúziniń barlyq qylqalam sheberleriniń týyndylaryn qatar qoısa da ózindik qoltańbasy bar Á. Qasteevtiń sýretin birden aıyrýǵa bolatynyn maqtanyshpen jetkizdi.

Kelgen qonaqtar Jetisýdyń tanymal sýretshileriniń qolynan shyqqan týyndylardy tamashalaýǵa múmkindik aldy. Sýretkerler kórermendi taǵy bir márte sheberligimen súısindirip, ónerdiń qaınar bulaǵynan sýsyndatty.

Ásem JUMAQAN

BRIFING

KÁSIPKER QUQYǴY QORǴALADY

Oblystyq kásipkerler palatasy janyndaǵy kásipkerlerdiń quqyǵyn qorǵaý jáne sybaılas jemqorlyqqa qarsy is-qımyl jónindegi keńestiń 2018 jyly atqarǵan qyzmetine arnalǵan brıfing ótti.

Jıynǵa atalmysh keńes tóraǵasy Banıamın Faızýlın men keńes músheleri, oblys boıynsha advokattar alqasy tóraǵasynyń orynbasary Danıpa Ádilbekova qatysty. Keńes 2014 jyly kásipkerlik sýbektileriniń quqyqtary men zańdy múddelerin qorǵaý máselelerin tıimdi jáne júıeli sheshý úshin qurylǵan.

– Ótken jyly keńestiń 8 otyrysy ótip, onda 25 másele qaraldy. Olardyń shamamen 70 paıyzy bıznes paıdasyna sheshildi, qalǵany qaralýda. Kásipkerler quqyǵyn buzǵan 3 laýazymdy tulǵa jaýapkershilikke tartyldy, – dedi Banıamın Jıhangeruly. Spıkerdiń sózinshe, kásipkerler ótinishiniń basym bóligi jer qatynastary men memlekettik organdar áreketine shaǵym jasaýmen baılanysty. Keńestiń tıimdi qyzmet etýine túrli saladan kelgen sarapshylar yqpal etedi.

– Keńes jeke suraqtardy, shaǵyn bıznesti qoldaý máselelerin de zertteıdi. Kásipkerler palatasyna keletin ótinish, jeke kásipker ne sharýa qojalyǵy nemese iri kásipkerlik sýbektisinen bolsyn, kez kelgen aryz-shaǵym jiti zerttelip, saraptamadan ótedi. Eger máseleni zań turǵysynda sheshý qajet bolsa, Ulttyq kásipkerler palatasyna joldanady, – dedi Danıpa Medetqyzy.

Bıyl atalmysh keńes aýdandardaǵy qyzmetin kúsheıtip, kóshpeli otyrystar ótkizýdi josparlap otyr.

Máýlen ÁNERBAI

ÁLEÝMET

TÚSINDIRÝ JUMYSY JÚRGIZILDI

Oblys pen Taldyqorǵan qalasynyń turǵyndaryna jańadan qoldanysqa engen Biryńǵaı jıyntyq tólem boıynsha túsindirý jumystary júrgizildi. Sharanyń negizgi maqsaty – jańa júıege ońtaıly tirkeý qyzmetin damytý, áleýmettik tólemder, medısınalyq saqtandyrý, zeınetaqy mólsheri jaıly aqparat berý.

Áleýmettik qorǵalýdy qamtamasyz etetin Biryńǵaı jıyntyq tólem mehanızmine tirkelý tegin. Al aı saıyn qalalyqtar úshin salynatyn qarjy kólemi 2525 teńgeni quraıdy. Aýyl turǵyndary 1263 teńge tóleýi tıis. Iaǵnı, jarna kólemi qalalyqtarǵa bir, aýyl azamattaryna jarty aılyq eseptik kórsetkish kóleminen aspaıdy. Jeke tulǵalar, jaldamaly qyzmetkerler, qosalqy sharýashylyqta jumys isteıtinder jáne aýylsharýashylyǵy ónimderin ótkizýshiler budan bylaı ózi úshin saqtandyrý qoryn jınaı alady. Taǵy bir artyqshylyǵy, óziniń kiris kózin kórsetý nátijesinde azamattardyń nesıe tóleý múmkindigi arta túsedi. Máselen, siz júıeli jarna tóleı otyryp, resmi túrde bankten nesıe alýǵa quqylysyz.

Biryńǵaı jıyntyq tólemge (BJT) qarajat salý adamdardyń óz qalaýymen júzege asyrylady. Iaǵnı, bul júıege qatysý, qatyspaý quqyǵy azamattyń óz sheshimine baılanysty. Bul oraıda Biryńǵaı jıyntyq tólemdi tólemegeni úshin qandaı da bir jaýapkershilikke tartý sharasy qarastyrylmaǵan. Bul mehanızm óz betinshe tabys tabatyn kez kelgen turǵyndy zeınetaqy qorymen qamtamasyz etýge baǵyttalǵan.

Eki kúnge jalǵasqan sharada oblystyq jumyspen qamtýdy úılestirý jáne áleýmettik baǵdarlamalar basqarmasynyń ókilderi arnaıy basylǵan aqparattyq qaǵazdar taratyp, turǵyndarǵa sýyq kúnge qaramastan túsindirý jumystaryn júrgizdi. Qala turǵyndary men oblystan kelgen qonaqtar jańa mehanızmge qyzyǵýshylyq tanytyp, mol maǵlumat aldy.

Gúlim ASHATQYZY

ҚҰРЫЛЫС

Қарасай ауданына жұмыс сапарымен келген облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов Қаскелең қаласындағы жаңадан ірге көтерген «Қарлығаш» шағынауданы мен Әйтей ауылында салынып жатқан мектеп құрылысымен танысты. Облыстан келген қонақтарды аудан әкімі Жандарбек Далабаев пен сала мамандары қарсы алып, нысандарды көрсетті.

САПАҒА НАЗАР АУДАРДЫ



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Қаскелең қаласы жыл өткен сайын өсіп, өркендеп келеді. Сол қатарда жеті гектар аймақты алып жатқан «Қарлығаш» тұрғын үй кешенінің алар орны ерекше. Жоспар бойынша бұл жерде жеті қабатты сегіз, тоғыз қабатты жиырма екі үй салынуы тиіс. Сондықтан, дербес жұмыс істейтін бу қазандығы, су жүйесі және трансформатор қондырғысы алдын ала орнатылған. Айта кетерлігі, мұндағы төрт үй «Қолжетімді баспана» бағдарламасы бойынша «Тұрғын үй құрылыс жинақ банк» жүйесі арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілгенін айта кету керек. Ал коммерциялық негіздегі жеті қабатты бес үйдің құрылысы аяқталуға жақын. Өткен жылдың соңында осы тұрғын үй кешенінде «Қарлығаш» атты балабақшасының ашылғаны туралы хабарлаған болатынбыз. Биыл тоғыз қабатты жеті үйдің құрылысын толық аяқтау жоспарланып отыр. Нәтижесінде шағынауданда 1798 отбасы баспаналы болмақ.

Осыдан кейін Лаззат Махатұлы Әйтей ауылдық округінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынып жатқан 1200 орынды мектеп құрылысына аялдады. Бұл ірі құрылыстың жұмысын «U-Con-Two» Bi-Group компаниясы жүргізуде. Жалпы құны 3,5 млрд. теңгені құрайтын мектеп ғимаратын жаңа оқу жылының басталуына дейін пайдалануға беру көзделіп отыр. Мақсат үдесінен шығу үшін құрылысшылар уақытты тиімді пайдаланып, жұмыс қарқынын арттыруда.

Осы орайда Лаззат Махатұлы құрылыс компанияларының жетекшілерімен кездесіп, әлеуметтік маңызы зор нысандардың сапалы әрі уақытылы салынуына баса назар аударуды тапсырды.

Қарасай ауданы

ӨНДІРІС

Көксу ауданына қарасты Лабасы ауылдық округінде сүт зауыты іске қосылды. Жиырма жыл бойы тоқтап тұрған мекеме кезең-кезеңімен толық қуатына көшуді жоспарлап отыр.

КӘСІПОРЫН ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Сүт зауыты 1967 жылы бой көтеріп, біраз жыл бойы жұмыс істеген. Қайта ашылған кәсіпорын әзірге түрік айранын, құрғақ сүт және ысталған шұжық шығаруда.

«Зауыттың қысқа іске қосылуының өзінде үлкен мән жатыр. Себебі, көктем шығып, жаз келгенге дейін өндіріс әбден бір жолға қойылады. Әрі жас мамандар да тәжірибе жинақтап, ауқымды көлемде жұмыс істеуге шыңдалады. Дегенмен де зауытқа инженер-технологтар, зертханашылар әлі де жетіспеуде», – деген мекеме басшысы Бақыт Арқабаев зауыт толық қалпына келгеннен кейін сүт өнімдерінің барлық түрін шығаратындығын жеткізді.

Кәсіпорынға көршілес жатқан Кербұлақ, Ескелді, Қаратал аудандарынан да сүт өткізеді. Өндірістің тәулігіне 40 тонна сүт қабылдауға қауқары бар. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы 100 млн. теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілген. Сондай-ақ, Ресейден заманауи қондырғылар әкелінген.

Санитарлық тазалығы мен басқа да талаптары қатаң сақталған кәсіпорын қазіргі уақытта күніне 17-18 мың құты түрік айранын шығарып, 60 келіден аса ірімшік шұжығын дайындайды.

Қазіргі уақытта кәсіпорында 20 жұмысшы еңбек етуде. Алдағы уақытта тағы да 20-дан аса қызметкер жұмысқа қабылданбақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЕЛ ИГІЛІГІ

АБЗАЛ ЖАНДАР ҚУАНЫШЫ

Жүзінен мейірім шуағын таратар ақ халатты абзал жандардың қызметі ауыр. Адам жанына байыз таптырмаған аурудың емін тауып, сырқатты сақайту – олар үшін міндет. Осынау жауапкершілігі жоғары істі арқалап жүрген жандардың бүгінгі таңда көңілін көл-көсір еткен дүние – Елбасы тапсырмасы бойынша жалақыларының өскендігі.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Талдықорған қалалық №1 емханасы қызметкерлерінің жалақылары өсті. Елбасының Жолдауында айшықталған игі істің дер кезінде орындалғанына ақ халатты абзал жандар дән риза. Бұл жайлы жан мен тәнге шипа дарытар аталмыш емхананың бас есепшісі Майра Оразбаева әңгімеледі. Ол:

– Жыл біз үшін қуанышты жаңалықпен басталды. Елбасы Жолдауына орай ең төменгі жалақылар көтерілді. Бұл қиындығы мен қызығы мол қызметте жүрген әріптестеріміздің жүрегіне қуаныш ұялатқан жайт. Сол үшін де көпшіліктің еңсесін көтерген шешімнің сәтімен өріс тапқандығына дән ризамыз, – деді. Сонымен қатар, емханадағы 300-ге жуық қызметкердің жалақысы өскендігін атап өтті.

Адам жанының арашашысы саналар ақ халатты абзал жандар тән сырқатын ғана емес, жүдеу тартқан жанға да дәру бола білуі қажет. Облыс орталығындағы тұрғындар денсаулығына жауапты емханаға жаңа келген жас медбикелердің, еңбек өтілімі төмен дәрігерлер мен санитарлық тазалыққа, техникалық жұмыстарға жауапты қызметкерлердің, «жедел жәрдем» көлігі жүргізушілерінің, фельдшерлер және өзге де еңбеккерлердің жалақысы 30-дан 40 пайызға дейін өсті. Республика бойынша бекітілген төменгі жалақы деңгейін көтеруге орай Талдықорған қалалық №1 емханаға 47 млн. 310 мың теңге бөлінді.

Жалақысы өсіп, жұмысқа деген ынтасы одан әрі арта түскен абзал жандар онсыз да жауапкершілік жүктейтін істі абыроймен атқарып, халықтың қамы үшін тер төге беретіндеріне сенімді.

2.02.2019

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

КОНФЕРЕНЦИЯ


Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕК

ДІНІМ - ДІҢГЕГІМ, ДӘСТҮРІМ - ДИДАРЫМ

Салтанат сарайында жастардың діни сауаттылығын арттыру мәселесі бойынша имамдарға арналған «Жастар және руханият» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиын мемлекеттің дін саласындағы саясатын іске асыру және имамдардың жастармен жұмыс істеу тәжірибесін арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Оған облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев пен имамдар, дін басқармасының өкілдері қатысты.

Алғашқы сөз кезегін алған Ақан Жылқышыбайұлы мешіт қызметкерлерін аттестацияның сәтті аяқталуымен құттықтай отырып, Президенттің жастарға арнаған сөзіне тоқталды. Өңірдегі 408 218 жастың экономикалық ахуалын жақсарту мен білім алу мүмкіндігін кеңейтіп, мамандық бойынша жұмысқа орналасуға, кәсіпкерлікпен айналасуға мол мүмкіндіктер берілгенін айтты. Бүгінгі күннің ең өзекті тақырыптарының бірі діни экстремизммен күрес жайын да тысқары қалдырмаған облыс әкімінің орынбасары:

– Біз діни экстремизмге қарсы күресте Елбасы мақаласының негізгі ойы – ұлттық сипат пен сананы жаңғыртуды бағдар етуіміз керек. Бұл ретте, жаңа жобалар арқылы бабалардың асыл сөзін сапалы түрде санаға сіңіру, бойымыздағы қазақылықты ояту, ұлттық өнер туындыларына жаңа деңгейде назар аудару, дін мен дәстүрдің үйлесімді құндылықтарын кеңінен насихаттау – баршамыздың алдымыздағы міндет, – деп түйді.

Келесі болып сөз сөйлеген ҚМДБ төрағасының орынбасары, наиб-мүфти Алау Әділбаев дәстүрлі діни түсінікті қалыптастырудың мәні мен маңызы жайында сөз сөйледі.

– Сүнниттік бағыттағы Ханафи мазһабы – еліміздің негізгі дәстүрлі бағыты. Қазақ ешқашанда мұсылмандықтан шеттетілген емес. Шын мәнісінде, күллі жұртқа танымал, ислам өркениетіне үлкен үлес қосқан, әлемдегі екінші ұстаз атанған әл-Фараби мен М. Қашқари, Ж. Баласағұни сияқты бірқатар ғалымның қазақ жерінен шығуы – осының айқын көрінісі. Сондықтан, бүгінгі ұрпақ ислам дінін қадірлеп, ата дәстүрін ардақтауы тиіс. Кейбір теріс ағымның жетегінде кеткендер дәстүрге қарсы шығып жатыр,– дей келе бесікке бөлеу, баланы қырқынан шығару секілді дәстүрдің діннен байланысын Құран аяттарынан үзінді оқи отырып келтірді.

– Біз елдің дәстүрлері мен мәдени мұраларына сәйкес келетін діни сананы қалыптастыруымыз керек. Осы мақсатта өткен жылдан бері Азаматтық қоғам институтының бастамасымен Қазақстан исламтану мектебін қайта жаңғырту бағытында үлкен жұмыс жасап жатырмыз,– деген Алау Шайқымұлы жастар арасында заманауи талапқа сай дұрыс діни түсінікті қалыптастыру аса қажет екенін тілге тиек етті.

Облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов Жастар жылы аясында өңір жастарын имандылыққа тәрбиелеуде бірлескен жобаларды талқылау, жүзеге асыру жолындағы бүгінгі басқосудың өзекті болып табылатындығын айта отырып:

– Тұрғындардың, әсіресе, жастардың діни сауаттылығын арттыру, дәстүрлі діни құндылықтарды насихаттау, діни төзімділікті қалыптастыру бағытындағы мемлекеттік бағдарламалар мен басым бағыттарды жүзеге асыру жұмыстарын жүргізу аясында ҚМДБ-ның өңірлік өкілдіктерімен бірлескен ауқымды шаралар мен жобалар жүзеге асырылып келеді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында ұйымдастырылған «Рухани керуен» жобасына өңір имамдарының қосқан үлестері зор, – деген Рахмет Разбекұлы бір жыл көлемінде атқарылған жұмыстарымен таныстырып, діни мәселелерді шешуге ықпалын тигізіп жатқан шаралар жайында баяндады. *– Әр жылы діни басқармаға қарасты имамдардың діни, құқықтық білімдерін жетілдіру мақсатында интерактивті семинар-тренингтер, оқыту курстары ұйымдастырылады. Үстіміздегі жылы екі өңірде өткен 3 күндік оқыту семинарында 151 имам білімдерін жетілдірді,* – деді ол.

Конференция барысында ҚМДБ-ның құрушысы әрі тұңғыш төрағасы, Еңбекші-қазақ ауданының Құрметті азаматы Рәтбек қажы Нысанбайұлының «Тарих. Тағылым. Өнеге» атты кітабының тұсаукесері өтті. Толықтырылып, екінші мәрте басылған кітап исламтанушыларға, сондай-ақ, дінтанушыларға, тарихшыларға, тілін, ділін, ұлтын сүйетін қалың оқырмандарға арналған. Автордың айтуынша, ғылым мен білімді ұштастырған бұл кітап – қазіргі өмірдің бір парасы. Танымы мен тағылымы мол еңбек жазған Рәтбек қажы кітап бастырып шығаруға қолдау көрсеткен облыс әкімдігіне және дін басқармалары ерекше алғысын білдірді.

Жиын соңында облыстық дін істері, жастар саясаты басқармалары, ҚМДБ Талдықорған және Алматы өңірлері бойынша өкілдіктері арасында өзара әрекеттестік туралы төртжақты меморандумға қол қойылды.

Әсем ЖҰМАҚАН

ІС ПЕН НӘТИЖЕ

ТАБЫСЫ ТОЛЫМДЫ

Екі апта бойы алыс-жақын елді мекендерді аралап, 24 селолық округ орталықтарында халықпен жүздескен аудан әкімі Бағдат ӘЛИЕВ бейсенбі күні қорытынды есебін берді. Аудандық Мәдениет үйінде өткен кездесуге мекеме, ұйым, құқық қорғау органдарының басшылары, ауыл әкімдері, аудан орталығы мен ауылдардан тұрғындар келді. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Айдарбек БАЙЖАНОВ қатысып, жамбылдықтарды өңір дамуынан хабардар етті.



Серік САТЫБАЛДИЕВ

Ауданда жүзеге асырылған ауқымды жұмыстар алдымен бейнефильмде көрсетілді. Одан кейін Бағдат Байшалұлы көпшілік алдында 2018 жылы атқарылған істерді жан-жақты баяндап, алдағы межелерді айқындады. Ақындар мен батырлар мекенінің өткен жылды толайым табыстармен қорытындылағанын нақты мәліметтермен айғақтаған аудан жетекшісі әр саладағы істің жай-жапсарына жеке-жеке тоқталды.

Кейінгі кезде мұнда жан жадыратар жаңалық көп. Заман талабына сай көптеген тың істердің қолға алынып жатқаны жұртшылықты қуантады. Ауданның өткен жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму жоспары толықтай орындалды. Ауылшаруашылығында 47 млрд. 776 млн. 600 мың теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 103,3 пайызды құрады.

Аудан облыс бойынша қой мен ешкі, жылқы өсіруден 1-орын, түйе, ірі қара санынан 2-орын, құс саны бойынша 5-орын алады. Мұнда 1 қаңтардағы мәлімет бойынша 89081 бас ірі қара, 607965 бас қой-ешкі, 30840 бас жылқы, 1422 түйе, 490421 бас құс есепте бар. Алдыңғы жылмен салыстырғанда былтыр ірі қара саны 2,5, қой-ешкі 3,9 пайызға, жылқы 7,5, құс 4,7 пайызға өсіп, түйе ғана 12,4 пайызға кемітті. 23196 тонна ет, 47302 тонна сүт, 101 млн. 239 мың дана жұмыртқа өндірілген. Егістік көлемі алдыңғы жылға қарағанда 3266 гектарға артты. 48193 гектар дәнді дақыл егістігінен 109495 тонна арпа-бидай, 633 тонна сұлы, 27448 тонна жүгері, 5072 тонна майлы дақылдар, 1002 тонна жеміс-жидек, 31220 тонна картоп, 29443 тонна көкөніс, 11752 тонна бақша өнімі жиналды. Ауданда 8 жылыжай, 16 мал бордақылау алаңы, 7 тауарлы-сүт фермасы, ірі құс фабрикасы жұмыс істейді. Осы көктемде өндірістік қуаттылығы 8 мың тонналық ет комбинаты іске қосылмақ.

Жыл санап жылдам өсіп, халқының саны 170 мыңға жуықтаған ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысы басқа да негізгі көрсеткіштерден байқалады. Өнеркәсіп өнімі өндірісінің жалпы көлемі 17 млрд. 66 млн. 600 мың теңгені құрап, нақты көлем индексі 101,5 пайыз болды. Өткен жылы Қарғалы ауылында электрод шығаратын зауыт, қой жүнін өңдейтін фабрика іске қосылды. Алдағы уақытта Таңбалытас ауылында 400 жұмысшысы бар, қуаттылығы 600 тонналық цемент зауыты ашылмақ.

Жарыссөзге шыққан «Жақсылық» шаруақожалығының төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіров, «Шығыс кен басқармасы» ЖШС директоры Елена Катранова ауданда атқарылған істерге орай ой-пікірлерін ортаға салды. Тұрғындардан Таргап ауылында дәрігерлік амбулатория салу, Таңбалытас ауылына табиғи газ тарту туралы ұсыныс түсті.

Жиын соңында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов көпшілікті Жетісу өңірінде атқарылған жұмыстармен таныстырып, аудан аумағы арқылы өтетін халықаралық, республикалық, облыстық маңыздағы жолдардың жөнделу жайына тоқталды. Аудан жетістіктерін атап өтумен бірге орын алған кемшілікті сынға алып, құрылыс жұмыстары көлемінің кемуіне, «7-20-25» бағдарламасын іске асыру жобасының жоқтығына, ауыр қылмыс санының артуына назар аударды. Аудан әкімі мен жергілікті атқарушы органдар басшыларына кәсіпорындардың толық қуатында жұмыс істеуіне ықпал ету, ірі өндіріс орындарын жаңғырту, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының орынсыз көтерілуіне жол бермеу, қылмыстың алдын алу, алыс ауылдарды газдандыру бағытында жұмыс жүргізуді тапсырды.

Жиынға қатысқан тұрғындар аудан әкімінің жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады.

Жамбыл ауданы

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

БАБАЛАР БОЙЫНДАҒЫ ҮШ ҚАСИЕТ

Облыстық білім басқармасының ұйытқы болуымен Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында «Мен – Алтын адам ұрпағымын» жобасын жүзеге асыру мақсатында ашық алаң өтті. Онда бас қосқан ғалымдар мен ұстаздар қауымы «Жас ұрпақтың бойына тарихымызды, төл мәдениетімізді, ұлттық құндылықтарымызды қалай дәріптеп, сіңіреміз?» деген сауал төңірегінде ой өрбітіп, өзара тәжірибе алмасты.

Алма ЕСЕНБАЕВА

Ашық алаң жұмысын ашқан облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Майгүл Омарова:

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз мақаласында ежелгі заманнан қазіргі дәуірге дейінгі кезеңді қамтитын Ұлы Даланың жеті қырын атап көрсетті. Бұл бойынша бірнеше ірі жоба жүргізуге болатынын да нақты айқындап берді. Осы орайда облыста «Тарихи сана», «Рухани ізденіс», «Киелі мекенім – Жетісу», «Ұлы Даланың ұлы есімдері», «Мен – Алтын адам ұрпағымын», «Ұлы Даланың көне туындылары» атты жобалар іске асырылуда. Осы жобалар арқылы жас буынның бойына Ұлы Даладағы өр тұлғалардың ұрпағы екендігін сіңірмекпіз, – деді.

Келесі кезекте сөз сөйлеген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті "Қазақстан тарихы" кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Арман Жұмаділ еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бергі ширек ғасырда экономикаға көңіл бөліп келсе, енді руханиятқа терең бойлайтын уақыттың жеткендігін, бұл орайда Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы дәл уақытында шыққан құнды дүние екендігін атап өтті.

– Ата-бабаларымыз өршіл, рухты, намысшыл еді. Ар-намыс үшін жанын беретін. Олардың бойындағы ең үлкен қасиет – батырлық, жауынгерлік, екіншісі–ойшылдық, үшіншісі – ақындық, жыршылық өнері-тұғын. Қазақ үшін уәде – Құдай сөзі болатын. Өзге халықтар ата-бабаларымыздың айтқан сөзін екі етпейтін қасиетін жоғары бағалаған. Қазір сөз қадірін жоғалттық. Уәде беріп, орындамаймыз. Осы үш қасиет те бүгінде кемшін түсуде, – деп оны жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін кітап оқуға шақырды. Көркем әдебиетті оқып өскен бала рухани тұрғыда бай болатынын, ешқандай қиянатқа бармайтынын жеткізді.

Шара барысында сөз алған Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Арнабай Нұржанов 1300 жыл бұрын салынған Жамбыл ауданындағы көне Қастек қаласы туралы сыр шертті. Бұл сол маңдағы Қастек ауылына 1 шақырым жерде орын тепкен. Көне шаһардағы заттарды зерттеу кезінде шыны ыдыстар, шахмат, аттың қылынан жасалған тіс щеткасы, басқа да бұйымдар табылғанын, бұл өркениеттің негізін қалаған біздің ата-бабаларымыз екенін дәлелдейтін айғақ екендігін алға тартты.

Сондай-ақ, ашық алаңда ҚР Мәдениет қайраткері Әлімғазы Райымбеков, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері, докторант Фархад Лебаев, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, география және экология кафедрасының қауымдастырылған профессоры Еркін Тоқпанов, басқа да ғалымдар сөз алып, «Алтын адам», «аң стилі», өнері, алма мен қызғалдақтың Отаны – Жетісу жері туралы толғамды ойларымен бөлісті.

Шараға қатысқан ұстаздар қауымы жас ұрпаққа өлке тарихын танытуда атқарып жатқан жұмыстарын ортаға салды.

ТӘРБИЕ

Бала санасының дамуы мен қалыптасуына ойын айрықша ықпал етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныпта бүлдіршіннің ойынға деген қызығушылығы артпаса кемімейді. Сондықтан болар, ойын баланың негізгі әрекеті саналады.

Ойды ұштайтын– ойын

Ойын үрдісінде бала өзінің сүйікті әңгімелері мен ертегілеріндегі кейіпкерлерге еліктеп, солардың іс-қимылдарын қайталауға ұмтылады. Ал ойынның маңызды әрі негізгі түрінің бірі – дидактикалық ойын әдісі. Бала жеке белсенді практикалық әрекеттер арқылы адамгершілік пен әсемдікке толғанып, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады.

Бұл еңбектің басты мақсаты – оқушыларға жаңа сабақты сапалы меңгертумен қатар танымдық түсініктерін бекіту, жақсыны дағдыға айналдыру. Соған орай бір материалдың өзі сан алуан түрге өзгеріп қайталанса, енді бірде қызықты тақырыптарды арқау ете отырып, түрлендіре орындалады. Дидактикалық материалдар оқушылардың бұдан бұрын алған грамматикалық түсініктеріне сүйене отырып, саналы түрде қабылдауларына, жаңаны пысықтай келе, оны берік бекітуге және өткендерімен байланыстыру арқылы оларды қайталауға мүмкіндік туғызады. Дидактикалық ойындарды қолданған бала ойлануға, шығармашылығын байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдіруге, амал-тәсілдері ой-сананың дамуына, ал қарым-қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным-түсінік пен мінез-құлық әдептерін бойға сіңіруге оң әсер етері анық. Дана халқымыз «баланың ойынын бақ» деп бекер айтпаса керек-ті. Олай болса, дидактикалық ойынның бала денсаулығы мен өмір сапасының жақсаруына тигізер пайдасы орасан зор болмақ.

Нұргүл БЕКМОЛДАЕВА,
Тұйық орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Кеген ауданы

ЖЕРІ БАЙ, өлкесі өркенді



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Қаңтар айының соңғы күні Ақсу ауданының әкімі Есім БАЗАРХАНОВ аудан тұрғындары алдында есеп берді. Молықбай атындағы аудандық Мәдениет үйіне жиналған көпшілік әкім баяндамасын тыңдап, ұсыныс-пікірін айтып, келешекте ел игілігіне асырылуға тиісті жоспарларын ортаға салды. Есепті кездесуге облыс әкімінің орынбасары Серікжан БЕСКЕМПІРОВ қатысып, жұртшылыққа облыстың даму көрсеткіші жайлы баяндап, өңір экономикасының дамуына оң баға берді.

Қажет АНДАС

Есім Сейілханұлы алдын ала дайындалған бет-бет бағдарламаны бастан-аяқ баяндап шықпай-ақ атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар ретін көпшілікке қазақтың бай тілімен байыптап жеткізді.

Аудан әкімі сөз басын өткен жылғы есепті кездесудегі тұрғындар тарапынан түскен ұсыныстардың орындалу барысынан бастады. Сол қатарда ауылсыз, жолдары, білім мекемелерін күрделі жөндеу, абаттандыру, тағы да басқа жайттардың тиянақты орындалғанын сан цифрмен нақтылады. Сондай-ақ, ауылшаруашылығы, ветеринария, жерді пайдалану, өнеркәсіп, инвестиция, құрылыс, автомобиль жолдары, ауызсу, абаттандыру, тұрмыстық қалдықтарды өңдеу, салық және басқа да төлемдердің орындалуы, жұмыспен қамту, туризм, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет салаларындағы жетістіктер мен алдағы өзекті міндеттерді де егжей-тегжейлі баяндады. Солардың бірқатарына тоқтала кетсек, өткен жылы ауылшаруашылығы бойынша 30 млрд. 190 млн. теңгенің өнімі өндірілсе, 2020 гектар қант қызылшасы алқабынан 72 мың тонна тәтті түбір жиналған. Осы жылы алқап аумағын 2850 гектарға өсіріп, 101 мың тонна қызылша жинамақшы. Мал басы артып, агроөнеркәсіп кешенін дамытуға кең арна ашылған. Осы бағытта 9 кооператив құрылып, Елбасы тапсырмасының орындалуына екпін беруде. Былтыр ауданда пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтау жұмысы батыл қолға алынып, анықталған жерлерді мемлекет меншігіне қайтару ісі жалғасып жатыр. Бұл да өз кезегінде жерсіз жүрген жерлестердің көп қиындығын шешіп тастауға жасалған батыл қадам болары анық. Өткен жылы өнеркәсіп өндірісі 8 млрд. 640 млн. теңгені құраса, биыл оны тағы да 1 млрд. теңгеге еселеу жоспарланған. Былтыр 9 млрд. 928 млн. теңге инвестиция тартылып, Ақсу өңіріне қаржыгерлердің қызыға бастағанын көрсетті. Осы жылы Алтынарық ауылынан «Panel Sistem.kz» компаниясы мал бордақылау және ет өңдеу кешенінің құрылысын бастады. Бір жылдық еңбектің нәтижесінде ауызсу жүйесін орталықтандыру көрсеткіші 77,5 пайызға жеткен. Демек, қай саланы сөз етсең сол саладан үлкен жетістікті көруге болады.

Алдағы міндеттер де ауқымды. Соның ішінде ақсулықтардың тіршілігіне қан жүгіртқан қант қызылшасының өнімділігін арттыру басты орынға шығады. Ол үшін сервистік дайындау орталығының мүмкіндігін жетілдіру керек. Осы мақсатта өткен жылы 3 орталық ашылып, ұзын саны 5-ке жеткенмен қажеттіліктен шыға алмай келеді. Бұл туралы жарыссөзге шыққан Барлыбек Сырттанов ауылдық округіндегі «Дарина» шаруа қожалығының жетекшісі Бауыржан Баймұханов айтып қалды. Ол өткен жылы 15 гектар жерге қант қызылшасын сеуіп, 675 тонна өнім жинап, 12 млн. теңге таза пайдаға кенеліпті. Алдағы уақытта егіс көлемін арттыра түспек. Алайда заманауи техникаға деген мұқтаждық басым. Сондықтан аудан әкімі Есім Базарханов кездесуге келген Серікжан Исламұлына тағы да қосымша 2 сервистік орталық ашылса деген өтінішін облыс әкіміне жеткізіп, шешілуіне ықпал етуін сұрады. Ал аудан жастарының айтқан жарыссөзге шыққан аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Әсел Сәдуақасова орталық саябақты абаттандыру керектігін алға тартты.

Аудан әкімінен білгеніміздей, өткен жылы орталық саябақты абаттандырудың жобалық-сметалық құжаты жасалыпты. Биыл балалар алаңын салу және Жансүгіров кентіндегі арық жүйелерін реттеуді қолға алмақ. Аудандағы ардагерлердің де көптен бері көтеріп жүрген мәселесі осы. Оның үстіне биыл қазақ поэзиясының құлагері Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдық торқалы тойы. Әрине, бұл ақсулықтарға ғана емес, жетісулықтарға да сын. Мерейтойды мерейлі өткізу үшін облыстық бюджеттен 47 млн. теңге бөлініпті. Бірақ той иесі ақсулықтар болғандықтан ауырлық тағы да соларға түседі. Оның да жоспар-жобасы нақтыланыпты. Осыған орай қыркүйек айында ақындар мүшәйрасы, сазгерлер байқауы, ақынның туған жері Ойтоғай ауылында «Ауыл тойы» ұйымдастырылмақ. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, оған да осы бастан дайындалған жөн.

Ақсу ауданы

МАМАН МІНБЕРІ

ОРГАНИКАЛЫҚ ӨНІМ ТИІМДІЛІГІ

Органикалық өнім өндіруде 2015 жылғы 27 қарашадағы № 423-V ЗҚР «Органикалық өнімдер өндіру туралы» ҚР Заңында мал және егін шаруашылығы өнімдерін өндіру кезеңдерінде қолданылатын шикізаттар ретінде синтетикалық заттарды, пестицидтерді, гормондарды, антибиотиктер мен азық-түлік қоспаларын пайдалануға тыйым салынған.

Сондай-ақ, зиянды пестицидтерді, синтетикалық минералды тыңайтқыштарды, өсуді жылдамдатқышты, жасанды тағамдық қоспаларды қолдануға бастартуды қарастырады және генетикалық түрлендірілген ағзаларды (ГТА) қолдануға тыйым салады. Органикалық өнімдер өндіру жер құнарын сақтап, табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланып, қауіп-қатерді барынша азайтуға жағдай жасайды. Қазақ агроөнеркәсіп кешені және ауылдық аумақты дамыту ғылыми-зерттеу институтының деректері бойынша республикада 29 органикалық өнім өндіруші және қайта өңдеуге, сақтауға, тасымалдауға, басқа да операцияларды жүргізуге бағытталған 19 сертификатталған компания тіркелген және өндіріліп жатқан өнімдер тек жылыжайлар мен гүл өсіруге ғана пайдаланылады. Топырақ құнарын қамтамасыз етудің маңызды шарты – органикалық тыңайтқышты, алдымен көңді пайдалану. Ол өсімдіктің қоректік жағдайын ғана емес, сондай-ақ, агроэкожүйесіндегі шағын энергия циклінің қарқыны мен көлемін реттейді. Академик Д. Прянантиновтың «минералды тыңайтқыш өндірісі қаншалықты ауқымды болса да көң ауылшаруашылығындағы маңызды тыңайтқыштың бірі ретінде құнын жоғалтпайды» дегені бар. Осыған қосымша түрлі өндірістің органикалық қалдығы да тыңайтқыш өндірісінің шикізат көзі бола алады.

Топырақ пен өсімдіктің және жануарлардың биоәлеуетін пайдалану арқылы органикалық ауылшаруашылығы экологиялық, әлеуметтік және экономикалық тәуекелді барынша азайтып, табысты арттыруға мүмкіндік береді. Ауылдық жерде барлық органикалық қалдықты жинап, қайта өңдеу пунктін ұйымдастырып, органикалық тыңайтқыш өндіруді жолға қою – органикалық өнім өндіру мәселесін шешудің бірден бір жолы. Сұйық органикалық тыңайтқыш өндіру үшін мал шаруашылығы фермасы мен кешенінде (қой, сиыр, жылқы қорасы мен құс фабрикасы және шошқа фермасы, тағы басқа) көндері мен барлық қалдықты қайта өңдеу жүйесін пайдалануды ұсынамыз. Біз ұсынып отырған органикалық тыңайтқыш өндіру технологиясы, өндірістік үрдісі толық автоматтандырылған, биореактор деңгейінде жүзеге асады.

Жайылымдық және суармалы алқап құнарын қалпына келтіру және өнімділікті арттырудың кешенді технологиясын жарату бойынша академик А. Садановтың басшылығында микробиология мен вирусология ғылыми өндірістік орталығымен бірлесе жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеуде ғылымның түрлі саласын біріктіріп агрономиялық құнды микроорганизмді (ЕМ-технологиялар) және органикалық қалдық өңдеумен өндірілген сұйық тыңайтқышпен бірге микроорганизмді топыраққа енгізу арқылы үлкен жетістікке қол жеткізілді. Зерттеу нәтижесінде топырақ құнары жоғарылап, азот мөлшері 2,0-2,5 есеге артып, топырақ тұзының 1,5 есеге кемуінің нәтижесінде шаруа қожалықтарындағы алқап өнімділігі 20-30 пайызға артты. Осы бағыттағы ғылым жетістіктерін өндіріске енгізу қолдау табады деген үміттеміз.

Марат АЛДАБЕРГЕНОВ,
техника ғылымдары кандидаты, экология доценті, агроинженерия ғылыми-өндірістік орталығының жетекші ғылыми қызметкері

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti



КӨРСЕТКІШ КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ

Балқаш ауданы байлығы мол, ырысты өңір. Жұртқа мәлім балығы мен күрішін айтпағанның өзінде басқа саладағы жетістіктері де жетіп артылады. Бұл туралы аудан әкімі Ғалым ТОҚПЕЙІСОВТЫҢ тұрғындар алдындағы есебінде баяндалды. Балқаштықтардың әр жұмысын қадағалап, назарда ұстап отыратын облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ әкім есебіне арнайы қатысты. Облыс басшысы бірден аудандық Мәдениет үйіне кірмей алдымен «Жасұлан» балабақшасына, аудандық ауруханаға, «Өтес» ЖШС-нің күріш өңдеу зауытына бас сұғып, өңір тұрғындарының тыныс-тіршілігі мен әр саладағы жетістіктерін бағамдады.

Қажет АНДАС

Жалпы, Балқаш ауданы өткен жылды табысты қорытындылады. Өңір басшысы баяндамасын әкімнің өткен жылғы есебінде көпшіліктен түскен ұсыныстардың орындалу барысынан бастады. Жұрт тілегі бойынша былтыр Топар ауылының ауызсу құбырына күрделі жөндеу жұмысы жүргізілсе, Көктал ауылдық округіндегі Әмірбай көшесіне тас төселді, Ақдала ауылдық Мәдениет үйіне, Бірлік орта мектебіне жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Бірнеше ауылдық округтің көшесі мен мектептердің айналасын абаттандыру жұмысы тиянақталды. Бақанас ауылынан 10 коммуналдық үй салынып, әлеуметтік жағдайы төмен мүгедектер мен көпбалалы отбасыларға берілді. Аудан орталығындағы саябақ жөнделді. Бақбақты ауылдық округіне ауызсу құбыры тартылып, екі су қоймасы және жаңадан су мұнарасы салынды. Жиделі ауылының фельдшерлік-акушерлік пункті пайдалануға берілді. Қысқасы, өңір басшысы уәдесінде тұрып, елдің көкейкесті талаптарын орындау жолында барынша жұмыс істегені байқалады.

Ауданның өткен жылғы даму көрсеткіші де көңіл қуантады. Айтар болсақ, ауылшаруашылық саласы бойынша 24 млрд. 945 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, ет экспорты бойынша 122 тонна ірі қара малының еті экспортталды. Шаруа қожалықтарының саны артып, асыл тұқымды мал өсіретіндер көбейе түскен. «Агробизнес – 2020» бағдарламасы аясында аудан көлемінде 5000 басқа арналған 2 мал бордақылау кешені жүйелі жұмыс атқаруда. Сол қатарда «Өтес Био Азия», «Динара Ранч» ЖШС-лары мен «Жақсылық», «Асқар-Бауыржан» және «Бірлік» шаруа қожалықтарын айрықша атап кетуге болады. Ал өнеркәсіп өнімінің көлемі 1,4 млрд. теңге болып, өнім көлемі 2017 жылмен салыстырғанда едәуір көбейген. Әсіресе күріш, балық өндірудің көрсеткіші қомақты. Аудан экономикасына 5 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылып, ел ырысын еселесе, егістік және жайылым жерлердің электрондық картасын қалыптастыру бойынша да өнегелі істер жеткілікті. Ирригациялық жүйені жақсарту мақсатында бөлінген қаражатпен магистральдік каналдарға механикалық тазалау жұмыстары жүргізіліп, 25 гидро-техникалық құрылыс пен 29 гидропост жөндеуден өткізіліпті. Орта және кіші кәсіпкерлікті дамыту бойынша батыл қадамдар жасалып, кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1,7 мыңға жеткен. Құрылыс жұмыстарының көлемі 4,2 млрд. теңгені құрап, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 67,2 млн. теңгеге 700 шаршы метрлік 10 жалгерлік тұрғын үй ел игілігіне беріліп, 61,4 млн. теңгенің инженерлік-коммуналдық желілері тартылған. «7-20-25» бағдарламасы аясында 52,0 млн. теңге субсидиялауға 52 адам өтініш білдіріп, екінші деңгейдегі банктермен келісім жүргізілуде. Кейінгі жылдары ауданның туризм саласын дамыту бойынша да жақсы бағдарламалар қолға алынып, Бақанас ауылдық округінде 1 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша 40 жоба дайындалып, бүгінде 35 жоба жүзеге асырылыпты.

Балқаш ауданында туған жеріне қамқорлық, қолдау көрсетуді азаматтық парызым деп білетін азаматтар да көп. Сол қатарда кәсіпкер, меценат Азамат Молдақасымовты ерекше айта кеткен жөн. Ол өткен жылы республикалық «Жомарт жүрек» сыйлығының «Жыл тұлғасы» номинациясын жеңіп алып, жерлестеріне өнеге көрсетті. Қазір Азаматтың азаматтық істеріне қарап бой түзеген жастардың қатары көбейіп келеді. Осындай ұрпақ сабақтастығы сақталған өңірде өткен бір жылда жұрттың жағасын ұстатқан заңбұзушылық болған жоқ. Бірақ аудан әкімі құқық қорғау саласындағы жұмыстардың да жүйелі жүріп жатқанын нақтылы мысалдармен айтып шықты.

Балқаштықтардың ендігі жоспарлары да ауқымды. Аудан әкімінің айтуынша, алдағы уақытта агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру, мал басын көбейту мен асылдандыруға айрықша көңіл бөлініп, ет және сүт өнімдерінің өнімділігін арттыруға басымдық беріледі. Ауылшаруашылық өнімінің өсуін қамтамасыз ету мақсатында ірі көлемді мал бордақылау алаңдарының санын көбейтіп, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында қомақты жобалар қолға алынады. Тұрғындарға көрсетілетін дәрігерлік көмектің сапасын жақсарту, медицина ұйымдарын озық үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен жабдықтау, ауылдық ауруханаларға білікті дәрігерлерді тарту мен оларға жағдай жасау бағытында барынша жұмыс істелмек.

Аудан әкімінің баяндамасы аяқталғаннан кейін залдағы көпшіліктен аудан орталығы Бақанас кентіндегі Т. Рысқұлов көшесіне жүріп жатқан жөндеу жұмыстарының сын көтермейтіндігіне, аудандық ауруханаға күрделі жөндеуден өткізуге, аудан мектептеріндегі IT сыныптарының санын көбейтуге, әлеуметтік жақтан мұқтаж жандарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге қатысты сұрақтар түсті. Оған Ғалым Қасымұлы нақты жауап берді. Осыдан кейін жарыссөзге шыққан кәсіпкер, меценат Жақсылық Үшкемпіров, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Бақыт Сқабаев, №1 Жамбыл атындағы орта мектептің математика пәнінің мұғалімі Татьяна Фазылова ауданда атқарылып жатқан, алдағы уақытта атқарылатын игілікті істердің ел болашағына қосылып жатқан үлкен үлес екенін жеткізді.

Жиналысты облыс әкімі Амандық Баталов қорытындылап, облыстың экономикалық-әлеуметтік тұрғыда жеткен жетістіктері жайлы жан-жақты айтып өтті. Облыста қолға алынып жатқан игілікті істер жайлы ретретімен айта келіп, осындай жетістікке жету жолындағы балқаштықтардың үлесін нақтылап берді. Ауданның кейінгі жылдардағы дамуы мен өркендеуіндегі өрелі істерге ерекше тоқталды. Облыс басшысы ауданды газдандыру бағытындағы жұмыстарға ризашылығын білдірсе, аудандық ауруханаға күрделі жөндеуден өткізу туралы аудан әкімі мен облыстық құрылыс және денсаулық сақтау басқармасының басшыларына нақты тапсырма берді. Сонымен қатар, аудан әкімінің атқарған жұмыстарына көңілі толатынын жеткізе келіп, көпшілікті жұмыла жұмыс істеуге шақырды.

Балқаш ауданы

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС, ТОЛЫМДЫ ТАБЫС

Сарқан аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімі Марат РАЗБЕКОВ тұрғындар алдында қорытынды есебін берді. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Ақан ӘБДУӘЛИЕВ арнайы қатысып, атқарылған жұмыстармен танысты.



Алдымен Ақан Жылқышыбайұлы аудандық аурухана, Сарқан политехникалық колледжі, №10 психологиялық-педагогикалық коррекциялық кабинеті және Сарқан қаласының облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернатына ат басын бұрып, аталмыш мекемелердің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты.

Есепті кездесуде аудан әкімі өткен жыл қорытындысын көпшілік назарына ұсынып, алдағы міндеттерді саралады. Оның айтуынша, былтыр ауданда 3 млрд. 869 млн. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, ауылшаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 33 млрд. 514 млн. теңгені құрады. Мал шаруашылығы 16 млрд. 980 млн. теңге, өсімдік шаруашылығы бойынша өнім көлемі 16 млрд. 484 млн. теңгеге жеткен. Өткен жылы 96 мың гектар жер игеріліп, оған дәнді және майлы дақылдар, қант қызылшасы, картоп, көкөніс, көпжылдық және дәрілік шөптер себіліп, нәтижелі өнім алынды.

Аудан әкімі есебінде ауыл тұрғындарының мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп отырғандығын айтты. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы бойынша жалпы 166 млн. теңге несие алынып, нәтижесінде 203 бас ірі қара, 248 бас ұсақ мал, 7 бас жылқы сатып алыныпты. Төрт түліктің саны артып, мал мен құс етін өндіру өткен жылдағыдан ұлғайған. Сонымен қатар, әртүрлі ауылшаруашылық техникасы сатып алынып, ұсақ шаруашылықтарды ірілендірудің аясында 4 сүт дайындау бағытында, 13 аралас мал және егін шаруашылығы бойынша барлығы 22 ауылшаруашылық кооперативі құрылып, жұмыс істеуде.

Бұдан әрі Марат Мелісұлы ауылшаруашылығы өнімдерін субсидиялауға бөлінген қаражатты атап өтіп, пайдаланбай және игерілмей жатқан жерлер анықталу үстінде екендігін, суармалы алқаптарды пайдалану тиімділігінің арттырылғанын баяндамасына арқау етті. Шағын және орта кәсіпкерлік, салықтар және бюджет, жол күйі, жолаушылар тасымалы мәселесіне тоқталған ол тұрғындар сұранысы бойынша Сарқан қаласында 2 автобус маршруты ашылғанын жеткізді. Сондай-ақ, сумен қамту, құрылыс, туризм, халықтың әлеуметтік әлеуетін арттыру мен жұмыссыздықтың алдын алу, білім беру, денсаулық сақтау, спорт және дене шынықтыру, мәдениет, жастар саясаты салаларындағы өркенді өзгерістерді көпшілік назарына ұсынды.

«Туған жерге тағзым» акциясы аясында Сарқан ауданында құны 114 млн. теңге көлемінде 18 жоба іске асырылыпты. Атап айтқанда, жұртшылық бастамасымен қоғам және мемлекет қайраткері Мұхтар Арынның және генерал-майор, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері Әбдікадыр Болсамбековтың ескерткіштері бой көтеріп, салтанатты түрде ашылды. Сарқаннан түлеп ұшқан табысты азаматтар бес спорт, төрт «Стрит воркаут» алаңын сыйға тартып, жастарға үлкен қуаныш сыйлады. Есепті баяндамада қылмыстың алдын алу мақсатында Алмалы, Екіаша, Қарашыған, Бақалы, Қойлық, Черкасск ауылдық округтерінде тұрғын үймен біріктірілген тірек пункттері пайдалануға берілгендігі айтылды.

Баяндаманы талқылауға қатысқан аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбеков облыс әкімі орынбасарынан Қарабөгет ауылындағы Мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу мәселесінің шешімін табуын сұрады. «Еркін» сервистік дайындау орталығының басшысы Дәуренбек Әуелбеков, Сарқан қаласының тұрғыны Наталья Коровченко, Сарқан гуманитарлық колледжінің студенті Айзада Смағұл көпшілік мүддесіне қатысты ұсыныс-пікірін ортаға салды. Сонымен қатар, залдан түскен сауалдарға «Балқаш» демалыс аймағының инфрақұрылымын жетілдіру, Қарабөгет ауылдық округіне қарасты Еркін елді мекеніндегі ауызсу мәселесі, аудан орталығындағы футбол алаңының сын көтермейтіндігі арқау болды. Оған аудан әкімі жауап берді.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев көпшілікті аймақтың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерімен таныстырып, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың өзектілігін атап өтті.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

ӨНІМ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Қарадала өңірінде қарымды істер көп. Бұл туралы Үйғыр ауданының әкімі Шухрат НУРАХУНОВТЫҢ есепті кездесуінде айтылды. Келелі жиынға облыс әкімінің орынбасары Ақан ӘБДУӘЛИЕВ қатысып, алдымен Жарты баба мемориалдық кешенін көріп, аудандық орталық ауруханаңың жағдайын білді.



Қанат БІРЖАНСАЛ

Аудандағы басты сала – ауылшаруашылығы. Елбасы Н. Назарбаевтың 2022 жылға дейін еңбек өнімділігін 2,5 есеге арттыру жөніндегі тапсырмасына орай ауданда 4 негізгі бағытта жұмыс жүргізу жоспарланыпты. Бұл мақсатта төменгі деңгейдегі 330 шақырым су арнасын қайта жаңғырту және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Жеміс бақтарының өнімін арттыру үшін Шарын өзенінде біріктірілген су торабын салу жұмыстарын аяқтау мүмкіндігі қарастырылуда. Осы арқылы 18 мың гектар жерді тұрақты сумен қамтамасыз етуге болады.

Аудан әкімі өзінің есепті баяндамасында алдағы жылдары құс фабрикасының жұмысын қайта қалпына келтіріп, өнеркәсіптік жылыжай нысандарын салу керектігін алға тартты. Өткен жылы 3,1 гектар жерді құрайтын екі заманауи өнеркәсіп жылыжайының құрылысы аяқталған. Биыл тағы үшеуін салу арқылы жылыжай кешендерінің көлемі 14 гектарға жеткізілмек. Бұл, әрине, игілікті шаруа екені даусыз.

Өткен жылы ауылшаруашылығы саласы бойынша 24 950 миллион теңгенің өнімі өндіріліп, ауылшаруашылық техникаларының базасы толықтырылған.

Мемлекеттік агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасы аясында 367 ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге 939 миллион теңге қолдау көрсетілген. Өткен жылдың қазан айынан бастап «Қызбұлақ» ЖШС Қалжат құрылыс туфының кен орнын игеруді бастаса, «Qazag Tass» ЖШС осы туфтан қаптау плиткаларын шығара бастады. Инвестиция көлемі артып, 30 жаңа жұмыс орны ашылған. Сонымен қатар, «Тенгри Фиш» ЖШС қуаттылығы жылына 1800 тонна жем және 360 тонна балық өндейтін цех құрылысын іске қосып отырған жайы бар.

Ауданда шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы да қарқынды. Былтыр осы бағытта 7 жоба іске асса, биыл 158 жаңа жобаны іске асыру жоспарлануда. Өңірде туризм, денсаулықты сауықтыру мақсатындағы демалыс орындарының жұмыс көлемі жылдан-жылға ұлғайтылып келеді. Туризмді одан әрі дамыту үшін Шарын шатқалын, Ерен тоғайы мен ыстық су көздерін және тау аймағын бір-бірімен байланыстыру керек. Мұндай үлкен жұмысты «Эко Парк Тур» ЖШС қолға алуда. Ауданды көгілдір отынмен қамтамасыз етуде де жұмыстар жүргізілуде. «Азия газ Шонжы» ЖШС арқылы бүгінгі таңда 36 шақырым көгілдір отын желісі тартылып, 2 мыңнан астам тұрғын үйді қамтамасыз етуге дайындық жасалуда. Болашақта Шарын, Тасқарасу, Бахар ауылдарына көгілдір отын тартудың тиісті жобалық-сметалық жұмыстарына қаражат бөлінген.

Жиналыста алғашқы болып сөз алған облыстық мәслихат депутаты Ызғарбек Бектұрсынов тау бөктеріне орналасқан ауылдардың келешегі жайлы ой бөліссе, Ават ауылының тұрғыны, зейнеткер Тұрсын Хитахунов аудан орталығынан спорттық-сауықтыру кешенін салу, Шарын, Тасқарасу ауылдарындағы су бөгеттеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу керектігін айтты. №1 Шонжы орта мектебінің директоры, аудандық мәслихаттың депутаты Бахтыгүл Юлдашева, Ақтам ауылдық округі аппаратының жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушысы Рукиям Низамова жастарды қолдауға қатысты ойын білдірсе, «Жазерке» халықтық ұлт-аспаптар ансамблінің әншісі Еркебұлан Нұржақып аудандағы 21 Мәдениет үйінің көпшілігі қолданыстан шығып қалғанын алға тартып, аудан орталығынан жаңадан халыққа қызмет көрсету орталығы салынса, тарихи-өлкетану музейі ашылса деген тілегін жеткізді.

Жиналысты Ақан Жылқышыбайұлы қорытындылап, ел-жұрттың тілегін облыс әкіміне жеткізетінін айтып, аудан басшысының жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Үйғыр ауданы

ЖЕМІСТІ ДЕ ЖЕҢІСТІ ЖЫЛ

Алакөл ауданының әкімі Әлібек ЖАҚАНБАЕВТЫҢ халық алдындағы қорытынды есебі өтті. Айдынды өңірдің 2018 жылғы жеңісті, жемісті сәттері баяндалып, алдағы жоспарлар легі таныстырылған жиынға облыс әкімінің орынбасары Жеңіс ТҰЯҚОВ қатысты.



Алмат ЕСЕНБЕКОВ

Алдымен Жеңіс Шылбынұлы ауданда өндірілетін өнімдер мен өңірдің жалпы әлеуметтік-экономикалық даму үрдісі көрсетілген көрмені тамашалады. Алакөлдің негізгі табыс көзі ауылшаруашылығы болғандықтан көрмеде ауданда өсірілетін алма, картоп, пияз, бидай және республиканы айтпағанда әлемнің бірнеше еліне экспортталатын балық пен бал өнімдері қойылды.

Бұдан кейін З. Қойшыбаева атындағы аудандық Мәдениет үйінде есептік жиын басталып, аудан әкімі Әлібек Әскербекұлы баяндама жасады. Өңір басшысы айтқандай, алакөлдіктер үшін 2018 жыл табысты басталып, әр саладағы жоспарлы міндеттер артығымен орындалған. Оған салық түсімінің 5 млрд. 771 млн. теңгені құрап, 103 пайызға жеткендігі, ауылшаруашылығында өндірілген өнім 35,6 млрд.-ты еңсергені дәлел бола алады.

Өткен жылы 83,3 мың гектар жер игеріліп, 205 мың тоннадан астам астық жиналған. Мал шаруашылығы да қарқынды дамып, асыл тұқымды мал басы артып келеді. Тыңғылықты еңбектің арқасында өткен жылы 663,5 млн. теңгенің субсидиясы алынған.

Құшағына шипалы көл мен тұмса табиғатты даланы сыйдырған өңірдің туризм саласындағы жетістігі орасан. Былтыр Алакөлге сапарлай келген меймандар саны 1 миллионнан асып жығылып, 5,9 млрд. теңгенің ақылы қызметі көрсетілген. Есептік жылда 32 демалыс орны қолданысқа берілсе, оның ішінде құны 2,3 млрд.-ты құрайтын 450 орынды «Көктем Гранд» көпсалалы қонақүйді ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар, туризмнің қазаны қайнаған Ақши ауылындағы көше жарықтандыру мен жол жөндеу ісінде де ілгерілеу бар.

Өнеркәсіп, шағын және орта бизнес салалары да тұрақты даму үстінде. Оған мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау мен ауданның түрлі кәсіпкерлікті дөңгелентіп алып кетуге қолайлылығы себеп болып отыр.

Өңірдегі құрылыс жұмыстары да қарқынын арттырып келеді. Былтыр Үшарал қаласында 60 пәтерлі тұрғын үй мен Астана демалыс саябағы, «Туған жер» бағдарламасы аясында «Тарлан» спорт кешені, Лепсі, Қарабұлақ ауылдарында дәрігерлік амбулатория, Ынталы, Лепсі, Ақтүбек ауылдарында мешіттер, 6 елді мекенде тұрғын үймен қатар полиция пункттері салынып, үш округте мектеп ғимараттары күрделі жөндеуден өтті.

Көптің көкейінде жүрген түйткілді мәселенің бірі – ауызсу. Бұл ретте де ауданда жүйелі жұмыстар атқарылып, өткен жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында Көлбай, Үшбұлақ ауылдарында ауызсу жүйесі тартылған.

– Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген «Туған жер» бағдарламасы аясында 647,9 млн. теңгеге 23 жоба жүзеге асырылған. Бұл даласы жомарт Алакөлдің азаматтарының атымтай екендігінің дәлелі, – деді өз сөзінде өңір басшысы.

Әкімнің баяндамасынан аңғарғанымыздай, алдағы жоспарлар да ауқымды. 2019 жылғы ең резонансты жаңалық – Талдықорған – Үшарал, Үшарал – Достық аралығындағы күрежолдың күрделі жөндеуден өтуі мен су каналдарының ретке келтірілуі болмақ. Сондай-ақ, туризм саласында да бірнеше айтулы жобаға қанат бітпек.

Тұрғындар тарапынан да бірнеше сұрақтар қойылды. Олардың қатарында егінге су жеткізу, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы, жол жөндеу, жастарға қызмет көрсету, баспанамен қамтамасыз ету мәселелері болды.

Мінберге облыс әкімінің орынбасары Жеңіс Тұяқов көтеріліп, облыс аумағында атқарылған жұмыстар легімен таныстырды. Сонымен қатар, ауданның 2018 жылғы жетістіктеріне оң бағасын беріп, алдағы уақытта да осы беталыстан танбай, биік белестерден көріне беріңіздер деген ізгі ниетін жеткізді.

Алакөл ауданы

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

№20
(18584)

Сейсенбі,
19 ақпан,
2019 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

■ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Экономикамыз өсіп, нығайған сайын Талдықорған қаласының келбеті де айшықтана түсті. Көз тартатын көпқабатты үйлерді айтпағанның өзінде ауыл маңындағы саяжайлардың да жағдайы жақсарды. Бір кездері ашық алаңқай болып жататын қалаға кіреберіс тұсқа орналасқан Ынтымақ ауылы да күн өткен сайын жаңа үйлермен толығып, сәулеті де, салтанаты да толыса түсті. Мұның бәрінің тынымсыз еңбектің арқасында жүзеге асып жатқаны бесенеден белгілі. Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қала маңындағы саяжайлар мен Көктал, жаңадан бой көтеріп жатқан Ынтымақ, Жастар-2 ауылдарын аралап, ондағы тұрғындардың тыныс-тіршілігін көріп қайтты.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛДІ

Қажет АНДАС

Облыс басшысы алдымен Ынтымақ ауылына ат басын бұрды. Бүгінде қаланың келбетін аша түскен атшаптырым аумақты алып жатқан жаңа ауыл тынымсыз тіршілікпен біте қайнасып кеткен. Ауылдың қазіргі бет-бейнесі бөлекше. Жалпы 2 мыңнан астам жер теліміне бүгінде 500-ден астам үй салынып, оның 250-ге жуығы жекешелендірілген. Электр, су желілері тартылып, тұрғын халықтың тірлігіне дем бере түскені байқалады. Бұрынғыдай жоспарсыз үй сала беретін тәртіпсіздік жойылып, құрылыс жұмысы белгіленген жоба-жоспар бойынша жүргізіліп жатыр.

Дегенмен, әлі де кемшіліктер жетерлік. Оның ең бастысы, ауылдан қалаға қатынайтын қоғамдық көліктердің жеткіліксіздігі. Облыс әкімі ең алдымен осы мәселені сынға алды. Сосын ауылдың инженерлік инфрақұрылымы өлшемге сай жасалмаған. Электр желісі тартылғанмен реттілік жоқ. Су желісі тартылғанмен тұрғын үйлерге әлі су кірмеген. Ауылда салынуға тиісті мектеп, балабақша, медициналық пункттің жоба-жоспары дайын емес. Шайынды суларды ағызатын кәріз жүйесі де жобалаушылардың назарына ілінбепті.

Ынтымақ ауылына қарағанда Жастар-2 ауылының жағдайы жақсы. Алайда бұл жердегі ең өткір мәселе – ауыларалық жолдардың әлі де асфальтталмай жатқаны және қоғамдық көліктің жеткіліксіздігі. Бірақ қала әкімі биылғы жылы Жастар-2 ауылындағы көшелердің бәрі асфальталады деп сендірді. Осы кемшіліктерді атап көрсеткен облыс әкімі Талдықорған қаласының әкімі Дастан Шалтабаев пен тиісті мекеме басшыларына орын алған кемшілікті жоюға екі апта уақыт берді.

Бұрынғы жылдары қала іргесіндегі Шайқорған, Қызылтас, Үйтас, Ашыбұлақ (Алмалы) саяжайларындағы жағдай да мәз емес еді. Сол жылдардағы әкімдер есебінде саяжайлардың мәселесі өткір қойылатын. Қазіргі таңда сол кемшіліктің дені жойылған.

Десе де, Шайқорған саяжайындағы көше жолдары сапасының нашарлығы тұрғындарды қатты алаңдатады. Ал Қызылтас саяжайын қаламен бөліп тұрған Қаратал өзеніне бірнеше жыл бұрын салынған көпір бұл күнде ескірген. Саяжай тұрғындарын қалаға таситын қоғамдық көліктер Қаратал өзенінен өте алмағандықтан Қызылтас саяжайының тұрғындары автобус аялдамасына дейінгі бір шақырым жолды жаяу басуға мәжбүр. Амандық Баталов көпшіліктің уәжін тыңдаған соң қала басшыларына Қаратал өзеніне жаңа көпір салу мен Қызылтас саяжайының жолдарын ретке келтіріп, жөндеу жұмысын күзге дейін бітіруді және қоғамдық көліктің бағытын реттеп, саяжайға дейін созуды тапсырды.

Үйтас саяжайының тұрғындары да тұрып жатқан жерлеріндегі қордаланған мәселені облыс әкіміне жайып салды. Тіпті, Үйтас саяжайында өткен жылы салынған мешітті заңдастыра алмай жүргендерін айтып, көмек сұрады. Аймақ басшысы Үйтас саяжайының электр, су желілеріне, инженерлік-коммуникациялық қызметіне, жолдарына мемлекеттік бюджет есебінен толықтай күрделі жөндеу жүргізілетіндігін жеткізді. Тіпті республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыны күтпей-ақ жергілікті бюджет есебінен 200 млн. теңгеден астам қаржы бөліп, электр желілерін тарту жұмысын бастай беретінін білдірді. Сондай-ақ, тұрғындар құжаттандыра алмай жүрген мешіт мәселесін заңды жолмен шешіп беруді тиісті мекеме мамандарына табыстады.

Облыс әкімі ең соңында Талдықорған – Өскемен күрежолының бойына орын тепкен Көктал ауылына барды. Қала іргесіндегі ауылдың бүгінгі бейнесі жаңарған, ауызсу мәселесі түбегейлі шешілген. Бірақ ауыл ортасын кесіп өтетін қос көшеге жөндеу жұмысын жүргізу керектігі көрініп тұрды. Осы және басқа да кемшіліктерді назарға алған Амандық Ғаббасұлы Көктал ауылының көшелеріне ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізу, Еркін ауылындағы жаңа емхананың құрылысын аяқтау, Көктал ауылындағы ескі мәдениет нысанын күрделі жөндеуден өткізу, әлі де электр жарығына жарымай отырған ауылдың шеткі көшелеріне электр желісін тарту, ауылдың ортасындағы саябақты күрделі жөндеуден өткізу жайын қаланың биылғы жоспарына енгізіп, күзге дейін толық атқаруды қала басшысына айрықша тапсырды.

Осылайша жарты жұмыс күнін қала іргесіндегі ауылдар мен саяжайларды аралауға жұмсаған аймақ басшысы облыстық мекеме және қала басшыларына орын алған кемшілікті тез арада жою жөнінде қатаң тапсырма берді.

■ TUSAÝKESER

QOS JINAQ

M. Tynyshpaev atyndaǵy oblystyq ólketaný mýzeiinde Jambyl babamyz «óleńniń qara jorǵasy» dep baǵalaǵan halyq aqyny Úmbetáli Káribaev pen onyń nemeresi aqyn ári qylqalam sheberi Áýelbek Iskakovtyń «Jorǵadan qalǵan tuıaq em» atty poezıalyq kitaptarynyń tusaýkeseri ótti.

Sharany belgili aqyn Serik Qalıev júrgizdi. Aldymen oblystyq mádenıet, arhıvter jáne qujattama basqarmasy atynan mýzeı salasynyń qyzmetkerlerine Alǵys hat tabys etildi. Odan keıin sóz tizginiń alǵan aqyn, oblystyq «Jetisý» gazeti bas redaktorynyń birinshi orynbasary Núsipbaı Ábdirahymov aqyndardyń shyǵarmashylyǵyna az-kem toqtalyp ótti.

– Aqyn Úmbetáli Káribaev aıryqsha óner ortasynda ónip, ósip shyqty. On tórt jasynan Jambyldyń jyryn tyńdyp, sońyna erdi. Jetisý aqyndyq mektebiniń altyn besiginde terbetildi. Súinbaı men Jambyl ónegesinen úırendi. Al sol ulylardyń zańdy jalǵasy – Áýelbek Iskakov. Onyń da poezıada óz aıtary, oramdy oılary bar. Jorǵadan qalǵan tuıaqtyń jaman aqyn bolýy múmkin emes, – dedi Núsipbaı Dodabaıuly. Osyndaı paıymdy pikirden keıin Súinbaı atyndaǵy oblystyq fılarmonıanyń dástúrli ánshisi Lázzat Janamanova Úmbetáliniń termesin oryndady.

Shara barysynda ortaǵa Úmbetáli atamyzdyń qyzy Dámegúl apamyz ben oblystyq mádenıet, arhıvter jáne qujattama basqarmasynyń bólim basshysy Gúlmıra Málikqyzy jáne qalamdas dostary shyǵyp, qos jınaqtyń lentasyn qıdy. Artynan aqynnyń shópshegi Márlen Dáýlethan ánnen shashý shashty.

Shara sońynda jıylǵan qaýym Áýelbek Iskakovtyń sýret kórmesin tamashalady.

Muhtar KÚMISBEK

■ SEMINAR

SHARÝALAR DÁRIS TYŃDADY

Aýdandyq ákimdikte aýylsharýashylyǵy salasy mamandarynyń qatysýymen seminar-keńes ótti. Onda júgeri, maıbursha q jáne qant qyzylshasyn aýyspaly egistik júıesin saqtaı otyryp, ósirýdiń agrotehnologıasy túsindirildi.

Aldymen basqosýdyń maqsat-mindetteri men mán-mańyzy túsindirilip, sharýashylyqtar úshin onyń tıgizer paıdasy áńgimelendi. Budan soń tájirıbeli mamandar dáris oqyp, atalǵan daqyldardyń óndirisin jandandyrý boıynsha oılaryn ortaǵa saldy. Máselen, onda bıyl egiletin daqyldardan mol ónim alý joldary qarastyrylyp, olardy ósirýdiń qyry men syry jaıynda egjeı-tegjeıli maǵlumat berildi.

Ásirese, sharýalardy sapaly tuqym jáne pestısidtermen qamtamasyz etýdiń tıimdiligine nazar aýdaryldy. Sonymen birge daqyldardyń durys ósip, jetilýi úshin talapqa saı kútip-baptaý, ártúrli aýrýdan saqtap, qorǵaý, óz dárejesinde qorektendirý, bir sózben aıtqanda, olarǵa qolaıly jaǵdaılar jasap, baqylaýda ustaý kerektigine den qoıyldy.

Jer óńdeý, topyraq qunarlylyǵyn arttyrý, mıneraldy tyńaıtqyshtar men gerbısidtermen ýaqytyly qamtamasyz etý jáne onyń ádis-tásilderin bilý, aramshóp jáne zıankestermen kúres júrgizý, ósimdikterdi qorektendirý sıaqty máseleler de nazarǵa alyndy. Tehnologıalyq jáne servıstik ortalyqtar qurýdyń mańyzdylyǵy da áńgimelendi. Sońynda sharýalar tarapynan qoıylǵan suraqtarǵa jaýap qaıtaryldy.

A. BAIJUMAQYZY
Eskeldi aýdany

■ ЖАСТАР ЖЫЛЫ

Жауапкершілік жүктейді

Талғар аудандық «Алмалы» балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде аудан әкімі Рыскелді Сатбаевтың қатысуымен «Жастар. Жігер. Жаңғыру» атты тақырыпта жастар жылының салтанатты ашылуы өтті. Шараға ауылдық округ әкімдері мен мекеме басшылары, колледж студенттері мен «Жас Отан» ЖҚ-ның белсенді мүшелері, жас мамандар мен жас кәсіпкерлер қатысты.

Ұлбосын ИСАБЕК

– Елбасымыз «Қазақстанның болашағын жастарға сеніп тапсыруға болады деп ойлаймын. Еліміздің болашағы үшін алаңдамаймыз. Сендер Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына шығара аласыздар» деп бүгінгі жастарға, яғни бізге зор сенім артты. Осы себепті, жастарға мемлекет тарапынан қашанда жүйелі түрде қолдау көрсетіліп келеді, – деді модератор, «Талғар ауданының жастар ресурстық орталығының» жетекшісі Замира Қалымбетова жарыссөзде алғашқы болып сөз алған «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасының иегері, Панфилов ауылдық округі ауруханасының жалпы практика дәрігері Айжан Есболатова аталған бағдарлама бойынша өзімен қатарлас 5 маман қызмет ететіндігін, қазіргі таңда бір реттік берілетін көтерме жәрдемақыға және тұрғын үй алуға арналған несиеге кезекте тұрғандықтарын қуана айтты. Сол себепті, жұмысты қаладан емес, ауылдан іздеп, еңбекке араласудың тиімділігіне тоқталды.

– Ел намысын қорғайтын спортшыларды дайындау үшін осындай кең сарайдай кешеннің салынып, іске қосылғанына қуаныштымыз. Бүгінде мұнда 35 оқытушы-жаттықтырушы жұмыс атқарады. Олардың ішінде 2 ҚР Еңбегі сіңген жаттықтырушы, 6 спорт шебері бар. Спорттың 15 түрі бойынша 915 оқушы жаттығады, – деген жас спортшы С. Апсалямов болашақ чемпиондарға жасалып жатқан қолдауларға ризашылығын білдірді.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына жастық жігерін, күш-қуатын жұмылдырып жүрген жастардың арасынан суырылып шыққан жас ұстаз Ә. Досбосынованың, жас кәсіпкер Н. Абдилдің, «Жасыл ел» жасақшысы Ж. Әріпбайдың, бауырлас ұлт өкілі М. Лайпановтың жалынды сөздері Жастар жылы өздеріне зор жауапкершілік жүктейтіндігін білдірді.

– Статистикаға жүгінсек, аудан жастарының жалпы саны 49396 адамды құрайды. Бұл – үлкен күш, зор әлеует. Осынау қуатты күшті ел игілігіне жарату үшін жастар әрдайым алға ұмтылып, үнемі ізденісте болуы, жаңалыққа ұмтылуы қажет, – деген Рыскелді Ахметқалиұлы Жастар жылында атқарылар жұмыстардың 8 бағытты қамтығанын айтып, жұмысты қорытындылады.

Талғар ауданы

■ ИНВЕСТИЦИЯ

Жексенбі күні сарқандықтар үлкен қуанышқа кенелді. Қыстың бір күнін салауатты спорттық мерекеге арнаған аудан тұрғындары Бақалы мен Черкасскі ауылдарының ортасындағы тауды бетке алды. Бұл күні Теректі өзенінің жағасында, тау бөкетерінде жаңа шаңғы базасы бой көтеріп, спортпен шұғылданам дегендерге құшағын ашты.

САРҚАННЫҢ өз Шымбұлағы бар



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Туған жер» бағыты бойынша іске асып жатқан жобалар өте көп. Әр адам өзінің туған жеріне деген қамқорлығын аямай, халықтың игілігіне жарайтын түрлі жобаны іске асырып, елдің ықыласына бөленіп жүр. Сондай жақсылықтың бірін «Аманат-А» ЖШС-нің басшысы Мәмбетәлі Әтешов өз ауылына жасап берді.

Мәмбетәлі Зияшұлы жас ұрпақты спортқа бейімдеу, оның ішінде қысқы спорттың дамуына үлкен үлес қосу мақсатында шаңғы базасын жасап берді. Осы шараның ашылу салтанатына орай Сарқан ауданы жексенбі күнді денсаулық фестиваліне айналдырды. Шаңғы базасының ашылу салтанатында аудан әкімі Марат Разбеков сөз сөйлеп, шараның шымылдығын түрді.

Марат Мелісұлы бүгінгі ашылып отырған шаңғы базасы жеке кәсіпкердің туған жеріне деген шынайы махаббаты мен қамқорлығының белгісі екендігін айтып өтті. «Болашақ жастарымыздың салауатты өмір салтын ұстануына зор мүмкіндік туғызып отырған жерлесіміз, ірі кәсіпкер, меценат, Бақалы ауылының тумасы «Аманат-А» ЖШС нің директоры Мәмбетәлі Әтешов ағамызға үлкен алғысымызды білдіреміз», – деді ол. Бұдан кейін ортаға «Аманат-А» ЖШС-нің директоры Мәмбетәлі Әтешов шығып, жүрекжарды тілегін ақтарды.

– Мен бұл істі қолға алғаныма үш жылдың көлемі болды. Жасым қазір жетпістен асты. Үнемі қозғалыста жүремін. Спортты жас күнімнен бастап серік етіп келемін. Сенбі-жексенбі күндері Алматыға, Шымбұлаққа барып, шаңғы тебемін. Құздан төмен қиналыссыз шаңғымен еркін түсемін. Волейбол ойынын жақсы көремін. Спортқа ден қойғаным өзім үшін жақсы, денсаулығыма көп септігін тигізеді. Осы ретте Шымбұлақта жүріп көп ойландым. Менің ауылым да мұндай мүмкіндікке ие. Ауылдың жастары да шаңғыға тұрса, ертеңгі біздің болашағымыз жарқын, әр күніміз саламатты болады деген ой келді. Осы мақсатпен Бақалы мен Черкасск ауылдарының ортасынан 20 гектар жер алып, шаңғы базасын салдым. Бұдан мен мол пайда таппаймын, бірақ болашақ үшін ең құнды дүние болмақ, – деді ол.

Ағамыздың сөзін ризашылықпен тыңдаған сарқандықтар бөріктерін аспанға атып, шынайы қуанды. Риясыз көңілдерін білдіріп, бір-бірін құттықтап жатты.

Мұнан кейін аудан әкімі Марат Разбеков пен кәсіпкер ағамыз Мәмбетәлі Әтешов салтанатты түрде старттың қызыл нүктесін басып, шаңғы базасын іске қосты. Осыдан кейін шаңғы тебуге келген аудан жұрты тауға канаттық жолмен өрледі.

Шаңғы базасының жалпы аумағы 50 гектар. Қазіргі уақытта үш жолақ іске қосылды. Шаңғы трассасының ұзындығы 735 метр. Тюбиндік трассаның ұзындығы 120 метр. Бұдан бөлек коньки тебуге арналған арнайы орын да бар. Алдағы уақытта шаңғы тебуге арналған тағы төрт жолақ түспекші. Жыл он екі ай үздіксіз жұмыс істейді деп жоспарлап отыр. Бұл жерден қырық адамға арналған қонақүй, арнайы сауықтыру кешендері, монша бой көтермек.

Мәмбетәлі Зияшұлы бұған дейін Теректі өзеніне ГЭС орнатқан болатын. Міне, сол бөгеттің арқасында Теректі өзенінің бойында үлкен көл пайда болды. Жаз кезінде осы көлді де демалуға пайдаланамыз деп отыр.

Шаңғы базасы стандартқа сай. Табиғаттың өзі арнайы жасап бергендей. Шаңғы спортынан жарыстың бірнеше түрін өткізуге қолайлы. Сноуборд тебуге де өте ыңғайлы. Алдағы уақытта бұл базада облыстық, республикалық жарыстарды өткізуге толық мүмкіндік бар.

Келген жұрт шаңғы теуіп, шанамен сырғанады. Оның сыртында арнайы ұйымдастырылған көңілді ойындар мерекенің шырайын келтірді. Мұнда аудандық мекемелер түрлі тағамдар пісіруден конкурс ұйымдастырса, мәдениет саласы ән айтудан байқау өткізді. Сахнаға шығып ән айтушылар қатары өте көп болды. Тау ішін жаңғыртқан әуезді әуен тамаша көңіл-күй сыйлады. Ал спорттық шараға қатысқандар қызыққа батты. Арқан тартыс, қол күрес, бұқа тартыс деген ойындарға келген жұрт белсене қатысты. Осылайша бір күнді спорт шараларына арнаған Сарқан ауданының тұрғындары енді өзіміздің Шымбұлағымыз бар деп қуанышпен тарқасты.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

РУХТЫ ата-аналар

Денсаулығында кілтипаны бар балаларды бағып-қағып отырған аналарға ілтипат білдірілді. «Бәйтерек» күндіз болу орталығы «Ең сұлу адам – ол менің анам» атты шара ұйымдастырды. Орталықта тәрбиеленіп жатқан балалар ата-аналарына арнап өнер көрсетті.

Қиындыққа мойымай, ұлқыздарын қатардан қалдырмай, аялап өсірген әке-шеше бүлдіршіндерінің дайындаған өнерін тамашалап, марқайып қалды. Қуанса қуанатындай. Белі қайысып, түн ұйқысын төрт бөліп, денсаулық сақтау мекемелерінің есігін тоздырып, үмітін үкілеп жүрген аяулы жандар бауыр ет баласының ән салып, би билегенін көріп, еңбегінің ақталғанына шаттанды. «Менің анам – ең сұлу адам» деп ән шырқаған балалар соңында аналарына әдемі гүл шоқтарын сыйлады.

Баласының өнерін тамашалап, толқып отырған ана бүлдіршінінің қолынан гүл алғанда көрген мехнатының барлығын ұмытып, жанары жасқа толды. Әке-шешесін қуантып, елжұрттың қошеметіне бөленген ұл-қыздардың да жанарында жарқыл ойнады. Шарықтата ән салып тұрып, көптің ішінен өз анасын іздейді. «Ана деп ән салам» деп қолын жүрек тұсына апарып, көпке ілтипат білдіреді. Бұл – ұйқы-күлкісіз өткізген мың күннің өтеуі. Денсаулығында кемшілігі бар балалардың аналары замандастары сияқты жиын-тойға да жиі бара алмайды. Отбасындағы жағдайды ойлап, артық ойнап-күлуге де мұрша жоқ. Ана үшін сәбиінің қуанғанынан артық бақыт бар ма?! Бүгінгі мереке барлық ауыртпалықты ұмыттырғандай.

Өнерпаз ұл-қыздар Оралхан Аслан, Ақжол Меңлібай, Данияр Турубеков, Давид Веревкин, Лим Енхо, Айдана Молдахметовалардың ән-жыры жиналғандардың көңіліне мерекелік қуаныш сыйлады. Шара барысында «Аяулы әжелер» ансамблі концерт қойды. Әжелердің балажандылығына риза болдық. Олар қоларбада отырған бүлдіршін қыздарымен бірге «Хрустальный вальс» биін биледі. Бидің әсері ерекше. Дильфируза Омарбаева, Маржан Апикова, Анель Егеубекова, Аружан Ришад әжелерімен билегенде еркелеп, шаттанғанда үстіне киген аппақ көйлектері жүздерін жайнатып жіберді. Қыздарының әшекейлерін жөндеп, балаларының жүзіне мейірлене қараған әжелердің бойынан ер-азаматқа тән рух байқадық. Балалары сырқат болып дүниеге келгенін білісімен ауыртпалықтан қашып, жары мен бүлдіршінін қиындыққа тастап кетіп жатқандарды естігенде жанымыз ауыратын. Ал өмірдің сынағына төтеп беріп, әйел-баласына сүйеу болып жүрген асқар тау әжелерді көргенде азаматтығына бас идік. Осындай қазақы, қайсар мінезге бай әжелер көп болсын деп тілейік.

«Бәйтерек» орталығы көңілден кетпес шара өткізді. Шара балалар мен ата-аналарға күш-қуат сыйлады. Сынақтан мойымай өтіп келе жатқан жандардың ерлігіне ризашылық сезімін оятты. Қоғамды алға сүйрейтін рухы мықты адамдар екеніне тағы бір көз жеткіздік.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

АТАКӘСІП



Жоңғар Алатауы мен Балқаш көліне дейінгі кең көсілген жазық дала төрт түлікті өсіруге қолайлы жер. Өткенде Ақсу ауданының әкімі Есім Базарханов тұрғындармен кездесу барысында өңірдегі мал шаруашылығы саласына айрықша тоқталған болатын. Оның айтуынша, кейінгі бір жылда аудандағы мал басы артып, мал өнімдерінің көлемі ұлғайған. Әсіресе, аудандағы нәсілді малдың саны көбейіп, ірі көлемде мал бордақылау алаңының саны артқан. Тіпті, осындай мүмкіндікті тиімді пайдаланып, мыңғыртып мал өсіріп отырғандардың бірі – Барлыбек Сырттанов ауылындағы «Дарина» шаруа қожалығы.

Еңбегі еселі, кірісі мол

Қажет АНДАС

Қожалық жетекшісі Бауыржан Баймұханов та еті тірі жігіт. Ырысты дала бүгін Бауыржанның тіршілігіне тыныс беріп жатқандай сезілді бізге. Ақсу өзенінің бір тармағын бауырына алып, көсіліп жатқан кең өріс мал басын қанша өсіруге тарлық етпейтіні белгілі. Бірақ Бауыржан мал басын көбейткеннен гөрі, өнімі жоғары сүтті және етті бағыттағы асыл тұқымды мал өсіруді қолға алыпты. Шаруасын бастағалы көп болмаса да қорасындағы асыл тұқымды ірі қараның саны 294-ке, жылқы 96 басқа жетіпті. Жыл сайынғы мал төлінің аналық басын сақтап қалып, асыл тұқымды бұқаларын саудалаудан түскен қаржыны шаруашылықтың керекті құрал-жабдығын толықтауға жұмсап келеді. Қазірдің өзінде шаруашылықтағы үш «Беларусь» тракторы, қосымша агрегаттар соның есебімен алынған.

– Дәл осы шұрайлы өңір жергілікті малдың басын мыңғыртып өсіруге қолайлы. Оны жерсіндіру, бағып-күту, азық-түлігін қамдау да жеңіл. Алайда, онымен мемлекеттік бағдарламаларға қатысу қиындау. Есесіне, асыл тұқымды мал өсіру, оны жерсіндіру, төлін жетілдіру оңай емес. Көбірек тер төгуді талап етеді. Бірақ шаруаңды бір ізге түсіріп алсаң пайдаға шаш етектен кенелесің. Мысалы, өткен жылы 148 бас сиырға 8 бас «Әулиекөл» асыл тұқымды бұқа қосып, 2 млн. 680 мың. теңге демеуқаржы алдым. Бұл шаруашылықты одан ары көлемдендіруге көп қолдау болып отыр, – дейді қожалық жетекшісі Бауыржан Баймұханов.

Кейінгі жылдары Ақсу өңірінде қант қызылшасына деген ұмтылыс та арта түскен. Оған Ақсу қант зауытының қайта іске қосылуы түрткі болды. Өткен жылы ақсулықтар 2020 гектар жерге қант қызылшасын сеуіп, гектарынан 356,4 центнерден өнім алып, 72 мың тонна шикізат жинады. Бұл өз кезегінде «Дарина» шаруа қожалығының да жұмысына серпін берді. Олар өткен жылы 15 гектар жерге қант қызылшасын сеуіп, күтіп баптауға байланысты агротехникалық шараларды уақытында жүргізіп, әр гектарынан 450 центнерден барлығы 675 тонна өнім алыпты.

– Өткен жылдан бері қант қызылшасына ден қойдық. Былтыр қантқызылшасынан 12 млн. теңге таза кіріс кірді. Бұл алдағы уақытқа деген құлшынысымызға жігер берді. Биыл қант қызылшасы алқабын 20 гектарға жеткізіп, 900 мың тонна өнім алуды жоспарлап отырмыз, – дейді шаруашылық жетекшісі.

Мұнымен қоса «Дарина» шаруа қожалығы өңірдегі шағын және орта бизнесті өркендетуге белсенді үлес қосып келеді. Бизнес және халыққа қызмет көрсету субъектілері тұрғындардың көңілінен шығып, ауылдастарын жұмыспен қамтуға үлес қосуда. Сондай-ақ, салық түсімдерін уақытылы төлеп, өңір экономикасының еселенуіне көп көмегін тигізіп келеді.

Барлыбек Сырттанов ауылы,
Ақсу ауданы



ЗЕРТТЕУ

ТАЛАПҚА САЙ ЕМЕС ӨНІМ ЖОЙЫЛДЫ

Жыл басында жүргізілген зерттеу нәтижесінде тексерілген өнімнің 18 пайызының техникалық қауіпсіздікке сай келмейтіндігі анықталды. Тауарлар мен өнімдердің таңбалануы бойынша 94 пайызы, микробиологиялық, қауіпсіздік және тұтынушыларды алдау көрсеткіштері бойынша 3 пайызы талаптарға сәйкес келмейді.


Қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің пайыздық үстемесі жоғарысы – кондитерлік өнім (15 пайыз). Одан бөлек ет және ет өнімдеріне – 9%, ұн-жарма өнімдеріне және жеміс-көкөніс өнімдеріне – 6%, сүт және сүт өнімдеріне, құс етіне, балық өнімдеріне, нан-тоқаш өнімдері және өзге де тамақ өнімдеріне 3% -дан келді. Таңбалау бойынша сәйкес келмейтін сынамалардың ішінен 21%-ы балалар мен жасөспірімдерге арналған киімнен, 12%-ы ойыншықтардан және 9%-ы жеңіл өнеркәсіп өнімдерінен анықталды.

Жүргізілген рейд жұмыстарының нәтижесінде Сарқан ауданындағы «Нұр» дүкенінде («Калкеева» ЖК) жарамдылық мерзімі өтіп кеткен (чипсы, Ресей) тағам өнімдерінің сәйкестігін растайтын құжат болмады. Ал Талдықорған қаласындағы «Продукты плюс» дүкенінде («Друзина С.» ЖК) микробиологиялық көрсеткіштер бойынша сәйкес келмейтін ет өнімі анықталды. Яғни, «Алимбеков Б.» ЖК шығарған сиыр етінен жасалған фарштан ішек таяқшасы тобының бактериялары табылды. Өнімнің бактериялық ластануы сақтау жағдайлары мен температуралық режимді дұрыс бақыламау нәтижесінде орын алды.

Жарамдылық мерзімі өтіп кеткен және бактериялық ластанған өнімдерді саудалаған дүкен иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Таңбалауы бұзылған өнім мен тауарларды өткізетін шаруашылық жүргізуші субъектілердің атына «бұзушылықтарды жою» туралы ұйғарым шығарылды.

Құрметті тұтынушылар! Азық-түлік пен тауарларды таңдауда мұқият болыңыздар. Жарамдылық мерзімі өтіп кеткен өнімді сату және таңбалау бөлігінде бұзушылықтар, сақтау шарттары және т. б. фактілер орын алған жағдайда жазбаша түрде Алматы облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің almobldkgsen@mail.online.kz электронды мекенжайына хат жолдауларыңызға болады. Сауда нысандарының орналасқан жері бойынша аумақтық денсаулық сақтау ұйымдарына растайтын құжаттармен бірге арыз-шағымды жолдай аласыздар.

Ерғали СЫДЫМАНОВ,
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Алматы облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы



УАҚЫТ ТАЛАБЫ

ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ЕСЕПТЕЙТІН

ескі қондырғы ауыстырылуы тиіс

Соңғы кездері электр қуатын есептеу құралдарын жаңасына ауыстыру талап етілуде. Осы мәселе бойынша тұтынушылар арасында әртүрлі сұрақ туындап жатыр. Осыған «ТАЭТК» АҚ-ның баспасөз хатшысы Нұржамал Әбеуова жауап береді.



Айгүл БАЙБОСЫНОВА

– Нұржамал Құдайбергенқызы, Талдықорғанда электр қуатын есептеу құралын ауыстыруға не себеп болуда?

– Аталған құралды ауыстыру біздің талап емес, ол қолданыстағы заңнама талабы. Ескірген құрылғының жұмыс істеу мүмкіндігі аяқталған, яғни, жарамдылығы біткен. Ол белгілі бір кезең сайын тексеріліп тұруы керек. Мұндай есептеу құралын жөндеуге және тексеруге тыйым салынған. Ескі индукциялық есептегіште 10 немесе 16 ампер орнатылған. Олар 2 киловатт жүктемені ғана көтере алады. Мәселен, үйде қолданатын электр ептартқышы 1,5 киловатт қуат жұмсайды. Қазір көп үйде қысқатолқынды пеш, тоңазытқыш, теледидар, компьютер, су жылытқыш сынды тұрмыстық техникалар жетіп-артылады. Олар үлкен сыйымдылықты қажет етеді. Ал біз айтып отырған ескі есептеу құралы оны көтере алмайды. Сондықтан оны жаңасына ауыстыру керек.

– Тұтынушы құрылғыны не себепті өз қаражатына ауыстыруы тиіс?

– Өйткені құрылғының иесі – тұтынушының өзі. Меншігіндегі құрылғыға тұтынушының өзі жауапты. Бүгінде жаппай ауыстыру болып жатқанын ескере келе тұтынушыға өз тарапымыздан көрсеткен көмек ретінде, Талдықорған ЭЖА құралды орнату шығынын өзіне алып отыр. Тұтынушы есептеу құралын өзі сатып алады. Ал Талдықорған ЭЖА оны тегін орнатып береді.

– Көптеген тұтынушы Талдықорған ЭЖА есептеу құралын сатып алып, енді соны бізге сатып жатыр деп ойлайды?

– Біздің кәсіпорын есептеу құралын сатумен айналыспайды. Біз тек ескірген құрылғыны ауыстыру жөнінде ескертіп, жаңа құрылғыны орнатып береміз. Ол арнайы дүкендерде сатылады. Тұтынушы таңдағанын алады. Біздің талап – аталған құралдың есептеу дәлдігі 2,0-ден төмен болмау керек және ол өлшем бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйелік тізілімге енгізілген болуы тиіс. Талдықорғандағы дүкендерде орташа бағамен алғанда бір фазалық электрондық есептеу құралы 3500-4000 теңге тұрады. Тұтынушы есептеу құралын сатып алған соң ескертпеде көрсетілген абоненттік бөлімге хабарласып, оны қашан орнатып, пломба салатыны туралы келіседі.

– Таныстардан естіп жатырмыз, кейбір тұтынушыға тегін есептеу құралын орнатып жатқан көрінеді. Қандай тұтынушы осы категорияға жатады?

– «ТАЭТК» АҚ-ның электр желілерін жаңғырту аясында (АСКУЭ) – электр қуатының автоматтандырылған коммерциялық есептеу жүйесі бағдарламасын енгізу бойынша кезең-кезеңмен Талдықорған қаласы тұтынушыларының электр қуатын есептеу құралын PLC-модемі бар құралға ауыстыру жүріп жатыр. Бұл құралды ауыстыру «ТАЭТК» АҚ-ның инвестициялық күрделі салымдары есебінен жүргізіледі. Бұл қаражат тарифте ескерілгендіктен құрал үшін де орнату жұмысы тегін жүргізіледі.

Бұл есептеу құралының артықшылығы – сигнал мен есептеу құралының көрсеткішін арнайы құрылғыға қашықтықта беруі болып саналады. Бір сөзбен айтқанда, жаңа құрылғы барлық ақпаратты орталық арнайы құрылғыға жіберіп отырады. Сондықтан да олардың бағасы қымбат. Есептеу құралының мұндай режимде істеуі – есептеу құралының көрсеткішін алу үшін тұтынушыны мазаламай-ақ пайдаланған электр қуаты жөнінде шотты сапалы әрі мерзімінде жасауға мүмкіндік береді. Бүгінде мұндай құрылғымен қала тұтынушыларының 40 пайызы қамтылған. Қазіргі кезде ескертпе беріп ауыстырып жатқан есептеу құралын жаңғырту аясында электр қуатының автоматтандырылған коммерциялық есептеу жүйесі бағдарламасын енгізу бойынша ауыстырылып жатқан есептеу құралымен шатастырмау керек.

– Есептеу құралы қай уақытқа дейін ауыстырылуы тиіс?

– Бәрін бір мезетте ауыстыру талап етілмейді. Өйткені, бұл біз үшін өте күрделі. Айта кетейін, құрметті тұтынушылар, егер сіздерге есептеу құралын ауыстыру жөнінде ескертпе берілген болса, түсініспеушіліктерді болдырмау үшін ескертпе берілген болса, түсініспеушіліктерді болдырмау үшін жөнінде ескертпе, жоғарыда түсіндірілгендей, тек есептеу құралы ескірген, жарамдылық уақыты аяқталған, тексеру уақыты өткен көне есептеу құралы бар тұтынушыға ғана беріледі. Тағы бір ескеретін жайт, есептеу дәлдігі 2,5 құралы қазір тексеруден өткізілмейді. Оларды тек ауыстыру керек. Тұтынушылар арасында мынадай жағдай да болды: Есептеу құралын ауыстыру жөнінде ескертпе алған тұтынушы жаңасын алғанша осы құралды тексеретін компанияларға барып, құралын тексерткен тиімді деп есептеп, оған тексеру жүргізеді. Құралға тексеру жүргізетін компаниялар мұндай құрылғыға тексеру жасауға тыйым салынғанын айтуы ұмытып жатады. Тұтынушы тексеру ақысын төлеп, оны орнатып, пломба қоюды талап етеді. Ал біз мұндай құрылғыны пломбаламаймыз. Тұтынушы бізге талап қоя бастайды. Ескерту алған соң біздің мамандармен хабарласып, қандай құралды тексертуге болатынын, ал қандай құралды жаңасына ауыстырып және оның қай түрін алу керектігін сұрап, біліп алған жөн.

– Әңгіменізге рахмет!

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 26-27
(18591)

Сейсенбі,
5 наурыз,
2019 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы
маусымнан шығады

www.7-su.kz
@Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ӘЛЕУМЕТТІК КАРТА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Жетісу жеріне арнайы іссапармен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бір топ депутатын қабылдап, өңірде атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесімен таныстырды. Сенаттағы Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрайымы Бірғаным ӘЙТІМОВА, Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ, Динар НӨКЕТАЕВА, Нұрлан ҚЫЛЫШБАЕВ сынды халық қалаулылары «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде Елбасы айтқан әлеуметтік қолдау шараларының орындалу шарттарын жұртшылыққа түсіндіру, Президенттің облыс әкімдеріне берген тапсырмаларының жергілікті жерлерде жүзеге асырылу барысымен танысу мақсатымен келіпті.


Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

Елдің түкпір-түкпірін аралап, халықпен жүздесудегі мақсат-міндеттеріне тоқталып өткен Бірғаным Әйтімова:

– Сенаттың шешімі бойынша «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінен кейін депутаттарға өңірлерге шығып, Елбасы көтерген бастамалардың нақты қалай жүргізілетінін халыққа түсіндіру міндеті жүктелді, яғни көпбалалы аналарға қандай көмектер беріледі, мүгедек бала асырап отырған отбасыларға қандай мүмкіндіктер жасалады, соның бәрін тұрғындарға ұғынықты етіп жеткізу тапсырылды, – деп Алматы облысындағы сапарды алдымен Текелі моноқаласынан бастайтындарын жеткізді. – Сонымен қатар тұрғындар тарапынан туындаған сауалдар мен проблемалар аудандық, облыстық немесе республикалық деңгейде шешілетін мәселе ме, болмаса заңнамаларға өзгерістер енгізу тұрғысынан шешуді қажет ете ме, соны анықтау да – осы сапарымыздың бір міндеті.

Сенаторларды алдымен облыстың даму мүмкіндіктерімен таныстырған облыс әкімі Амандық Баталов өнеркәсіптің аяқ алысы, ауылшаруашылығындағы басым бағыттар, туризмді өркендету шараларына тоқталып өтті. Сондай-ақ депутаттар сапарын бастағалы отырған Текелі қаласының даму көрсеткіштері жайлы да айтып берді. Ондағы «Суффле Қазақстан ашытқы зауыты», Шойын балқыту зауыты, Тау-кен өндеу кешені сияқты іргелі кәсіпорындардың шағын қала тұрғындарын жұмыспен қамтудағы үлкен рөліне тоқталды. Әкім өз сөзінде облыстағы әлеуметтік мәселелерді шешу бағытындағы жұмыстарды да ұмыт қалдырған жоқ.

– Облыстағы өнеркәсіп өнімінің көлемі былтыр 1 трлн. теңгеге жетті. Ал ауылшаруашылығында бұл көрсеткіш 700 млрд. теңгеден асты. Бюджеттің кіріс бөлігінің артуы да облыста әлеуметтік мәселелерді шешуге үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Біз облыста Әлеуметтік карта дайындадық. Онда әрбір елді мекендегі көпбалалы немесе тұрмысы төмен отбасы және олардың қандай көмекке мұқтаж екендігі туралы мәліметтер толық енгізіліп отыр. Осы карта әлеуметтік қолдау шараларында басшылыққа алынатын болады, – деген Амандық Ғаббасұлы көпбалалы отбасыларының үйлерін газға қосу, осы санаттағы отбасылардан шыққан балалардың жоғары оқу орындарында білім алуы үшін қосымша 100 грант бөлу, көпбалалы аналардың қоғамдық көлікте тегін жүруі, үйлерге улы газды анықтайтын 16 мың датчикті тегін орнату сияқты бірқатар шараны атап өтті. Облыстағы әлеуметтік қолдау шаралары партия съезінен кейін қайта қаралып, өзгертіліп, толықтырылғанын тілге тиек етті.

Сонымен қатар әңгімелесу барысында өңірді газдандыру, Президенттің 5 әлеуметтік бастамасының жүзеге асырылу мәселелері туралы депутаттар қойған сауалдарға жауап беріп, осы бағыттағы атқарылған шаруаларды да айтып өтті.

Кездесу соңында облыс басшысының қабылдауына ризашылығын білдірген Б. Әйтімова Текелі сапары барысында өнеркәсіп орындарын аралап көруге, халықпен жүздесіп, пікірлесуге, оған қоса Ханзада Ага Ханның халықаралық қоры Текелі қаласында салатын Орталық Азия университеті қалашығының құрылысына қатысты жұмыстармен танысуға мүдделі екендіктерін жеткізді. Оның айтуынша, бұл университет – халықаралық білім стандарттарына сай білім беретін, зайырлы ұстанымдағы айтулы оқу орындарының бірі болмақ.

Сенат депутаттарының Текелі қаласындағы бүгінгі сапары «Green House – Зеленый дом» ЖШС жылыжай кешенінен басталады, мұнан соң «Текелі тау-кен өндеу кешені» ЖШС-да болып, «Металлург» шағынауданының магистралды жылу жүйесін жаңғырту жұмыстарымен танысады. Одан бөлек, Текелі қалалық ауруханасына, балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетану орталығына, «Орталық Азия университеті» құрылыс алаңына баратын депутаттар қала жұртшылығымен кездесіп, Елбасының бастамасымен әлеуметтік көмек көрсету бағытындағы шаралардың нақты қалай орындалатынын түсіндіреді.

Сағыныш НАМАЗШАМОВА,
облыс әкімі баспасөз қызметінің бас инспекторы

ÓRLEÝ

SÚT ÓNIMDERI SHYǴARYLADY

«Aq Bulaq Prodýkt» JSHS shaǵyn jáne orta bıznesti qoldaý aıasynda memlekettik qoldaýǵa ıe boldy. Sondaı-aq, portfeldi kepildik baǵdarlamasy boıynsha kelisimge qol qoıǵan respýblıkadaǵy alǵashqy jobalardyń biri.

Portfeldi kepildendirýde bank qaryz alýshynyń qarjylandyrý týraly ótinishin derbes qarap, qordyń kepildigi boıynsha qaryz berý týraly sheshim qabyldaıdy. Atalǵan seriktestik Sarqan aýdanynda ornalasqan. Negizgi qyzmeti – aıran, qaımaq, irimshik sıaqty sút ónimderin shyǵarý.

– «Sberbank» AQ-dan alǵan 6 paıyz mólsherindegi nesıege tek sút ónimderin óndiretin jabdyq satyp alyp, keńeıtip qana qoımaı, kásiporyndy jańǵyrtýǵa da bolady. Bul – «Damý» qory tarapynan jasalyp jatqan úlken qoldaý», – deıdi seriktestik quryltaıshysy Baqyt Arqabaev.

Búgingi kúni kompanıada sút ónimderiniń 10 túri shyǵarylady. Daıyn bolǵandary Sarqan qalasy men Alakól aýdanynda jáne sol óńirde ornalasqan aýyldar men jeke dúkenderde saýdalanady. Taldyqorǵandaǵy iri dúkenderde de satylady.

A. BAIJÚMAQYZY

MEMORANDÝM

ÁSKERI KLÝB QURYLDY

Dostyq úıinde «AIBYN» áskerı-patrıottyq klýby qurylyp, tórt jaqty memorandýmǵa qol qoıyldy.

Bul týraly Almaty oblystyq Qazaqstan halqy Assambleıasy tóraǵasynyń orynbasary Ǵabıt Tursynbaı, «Nur Otan» partıasy oblystyq fılıaly tóraǵasynyń birinshi orynbasary Ǵalıasqar Sarybaev, «Dostyq úıi – Qoǵamdyq kelisim ortalyǵynyń» dırektory Táńirbergen Qasymberkebaevtyń qatysýymen ótken «dóńgelek ústel» barysynda baıandaldy.

– Búgingi jıyn qoǵamdaǵy eń ózekti máseleniń biri – otansúıgish urpaq tárbıeleýge arnalyp otyr. Soǵan oraı, «Aıbyn» áskerı-patrıottyq klýbyn qurdyq, – dedi Ǵ. Tursynbaıuly.

Otyrys barysynda qalalyq desantshy ardagerler odaǵynyń tóraǵasy Erkin Erǵojanov bir aýyzdan klýbtyń tóraǵasy bolyp saılandy. Sondaı-aq, Almaty oblystyq QHA, oblystyq qorǵanys isteri jónindegi departamenti, óńirlik Aýǵan soǵysy ardagerleri odaǵy jáne «Jas sarbaz» respýblıkalyq qoǵamdyq birlestigi oblys boıynsha fılıaly arasynda yntymaqtastyq týraly memorandýmǵa qol qoıyldy.

Klýb músheleri oqý-jattyǵý barysynda túrli áskerı tapsyrmalardy oryndap, sportpen shuǵyldanatyn bolady. Atap aıtsaq, qashyqtyqqa júgirý, qoldy búgip-jazý, kermege tartylý, ornynda turyp sekirý sekildi jattyǵýlardy oryndaıdy. Nátıjesinde, arnaıy áskerı kún tártibimen jattyǵatyn ulandardy temirdeı tártipke, qatań talaptarǵa úıretpek.

Shara sońynda Aýǵan soǵysy ardagerleri marapattaldy.

Eńlik QABDESH

«7-20-25»

ЖАНДАНДЫРУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Елбасының тапсырмасымен қолға алынған «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасы басталғалы да біраз уақыт өтті. Осы барыста ел аумағында ауқымды жұмыстар атқарылды. Статистикалық мәліметке сүйенсек, бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Атырау, Қостанай облыстары бағдарлама аясында баспанамен қамтуда алда келеді. Өкінішке қарай, құрылыс саласында бірнеше жыл қатарынан көш бастап келген біздің аймақта бұл орайдағы жұмыстар қарқын алмай келеді. Облыстық әкімдікте өткен жиында осы жайлы сөз болды.

Қажет АНДАС

Алдымен облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ «7-20-25» бағдарламасының аймақтағы жүзеге асырылу барысын хабарлап, жұмыс нәтижесіне көңілі толмайтынын тілге тиек етті. Сосын аудан, қала басшыларын бірден тұрғызып, аталған бағдарламаның өңірлерде атқарылу барысынан есеп алды. Әрине, жұмыс істелмей жатыр деп бірден кесіп айтуға болмайды. Бірақ істелген жұмыстың нәтижесі қомақты емес. Өңір басшылары келісіп алғандай бүгінгі күнде үй кезегінде тұрған адам саны мен олардың арасындағы бюджеттік мекемеде жұмыс істейтіндердің тізімін, «7-20-25» бағдарламасы бойынша үй алуға ынта танытқан адамдардың санын атаумен шектелді. Қанша тұрғынның баспаналы болғанын санап бере алғандары аз болды.

Тек қана Іле мен Көксу аудандарында көңіл көншітерлік нәтижелі жұмыс бар екен. Іле ауданының әкімі Бағдат ҚАРАСАЕВТЫҢ айтуынша, бүгінде ауданда 714 адам үй кезегінде тұрса, оның 70-ке жуығы бюджеттік мекемелерде жұмыс істейді. Қазірдің өзінде 17 адам «7-20-25» бағдарламасы бойынша үй алса, 45 адам үй алуға қатысты екінші деңгейлі банктермен келісімшартқа отырыпты. Ал Көксу ауданының әкімі Алмас ӘДІЛДІҢ айтуынша, ауданда 718 адам үй кезегінде тұрса, оның 190-ы бюджеттік мекемеде қызмет істейді. Бүгінде 32 адам үй алуға дайын отырса, 15-і келісімшартқа қол қойып, құжаттарын реттеген.

– «7-20-25» бағдарламасы Елбасының тікелей тапсырмасымен қолға алынған әлеуметтік бағдарлама. Ол ең алдымен мемлекетке емес, халыққа керек. Баспана қиындығын көріп отырған тұрғындардың қажеттілігін шешудің таптырмас жолы. Сондықтан бұны тұрғындарға дұрыстап насихаттау керек, – деді Амандық Ғаббасұлы.

– «7-20-25» бағдарламасын ойдағыдай орындалуы қаржы, тұрғын үй, тағы да басқа себептерге емес, әкімдердің қалай жұмыс істегеніне қатысты. Осыдан былай аудан, қала басшыларының жұмыс нәтижесін осы бағдарламаның орындалу көрсеткішімен бағалаймын, – деді облыс басшысы.

Жиынға «7-20-25» бағдарламасын жүзеге асыруға атсалысып жатқан екінші деңгейлі банктердің басшылары, мердігер компанияның өкілдері де қатысты. Облыс басшысы оларға үй алуға ниетті адамдардың жұмысын жеңілдетіп, жәрдем көрсетуін тапсырды.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Республика бойынша аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен, жұмыспен қамту секілді әлеуметтік қолдау көрсету үшін мемлекет тарапынан ауқымды жұмыстар қолға алынуда. Осы туралы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының актив отырысында кеңінен талқыланды. Облыс әкімі, партияның облыстық филиалы төрағасы Амандық БАТАЛОВ аймақтағы атқарылуға тиіс және жоспарланып жатқан игілікті істерді тілге тиек етті.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Жиында Амандық Ғаббасұлы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың берген тапсырмаларына жеке-жеке тоқталып, 2030 жылға дейінгі «Бақуатты қоғам: 10 жылдыққа 10 мақсат» атты бағдарламасы мен партия Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ерекше атап өтті.

– «Nur Otan» партиясына 20 жыл толды. Осы уақыт аралығында ел сеніміне ие болуға қосқан үлестеріңіз үшін барлықтарыңызға алғыс айтамын. Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету үшін аймақта жол картасы әзірленді. Облыс орталығында екі көпқабатты тұрғын үй салу үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындалуда және коттеджден үй бөлу де қарастырылуда, – деген аймақ басшысы аудан, қала, ауылдық округ әкімдері өз аумақтарындағы жағдайды толықтай зерделеп, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар туралы мәліметті тоқсан сайын жаңартып, толықтырып отырулары тиіс екендігін айтты. Сонымен қатар өңірлерде аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету орталықтарын ашуды тапсырды. Облыс әкімі Амандық Баталов жиын барысында халықты жұмыспен қамту, ең төменгі жалақыны көтеру және аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы кешенді жоспармен таныстырды.

Мінбеге көтерілген Райымбек ауданының әкімі Жолан Омаров:

– Жыл басынан аз қамтылған, көпбалалы отбасылар мен ерекше күтімді қажет ететін азаматтарға 400 тонна көмір тегін жеткізіледі. Азық-түлік, киім-кешек пен планшет табысталса, қомақты қаржылай көмек көрсетіліп, 361 адамға тегін медициналық жәрдем берілді, – деп осындай игілікті істер келешекте де жалғасын табатынын жеткізді. Ал «Айналайын» балалар үйі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, көпбалалы ана Мөлдір Жанайбекова:

– Мен жиырма жылдан бері тоқсан бес жастағы ананың келінімін. Қазақ әйелі қашанда төзімділігі мен сабырлығының арқасында отбасының ұйытқысы, елдің берекесі болған. Біздің жағдайымызды жіті қадағалап отырған Елбасына барша аналардың атынан алғыс айтамын, – дей келе «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде көтерілген мәселелердің орындалуына өз септігін тигізетінін мақтанышпен айтты.


Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

Актив отырысында сөз алған «Алматинские краски» ЖШС директоры, съезд делегаты Римма Салықова кәсіпкерлердің «Nur Otan» партиясымен бірлесіп атқарып жатқан қызметтеріне тоқталса, жастар атынан сөйлеген Алмас Батырхан Жастар жылының маңыздылығын тілге тиек етті. Жиын соңында Амандық Ғаббасұлы партияның 20 жылдығымен тағы бір мәрте құттықтап, барлығын бірлесіп еңбек етуге шақырды.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№30
(18594)
Бейсенбі,
14 наурыз,
2019 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады
www.7-su.kz
@Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ШАРУА АЙЫ

КӨКТЕМНІҢ ӘР КҮНІ ЖЫЛҒА АЗЫҚ

Көктем мезгілі де келді. Диқандар егін егу науқанын абыроймен атқаруды мақсат тұтуда. Шаруалар дала жұмыстарына кірісіп те кетті. Аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Дәрібаев, аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Бүркіт Мұқанов «Бірлік» агрофирмасы» ЖШС-не барып қайтты.

Алдымен олар аталмыш шаруашылық техникалары тұрған орынға келді. Бұл жерде тәжірибелі механизатор Төленді Жәйшібеков тракторының моторын жөндеп, науқанға дайындауда. Оның айтуынша, техника кез келген уақытта бұзылуы мүмкін. Сол себепті көктемгі қарбалас сәт алдында техникасын жөндеуден өткізіп алу қажет.

Шаруашылыққа қарасты № 4 бөлімшеде де техникалар ретке келтіріліп, алдағы науқанға әзірленуде.

Бөлімше меңгерушісі Мұхит Раушанов бізге техниканы көрсетіп, бөлімшеге тиесілі 815 гектар суармалы жердің 284 гектарына бидай, 244 гектарына күріш, 287 гектарына көпжылдық шөп егу жоспарланып отырғанын әңгімеледі. Шаруашылық биыл суармалы жерді тиімді пайдаланып, 1633 гектар жерге бидай, 1648 гектарға күріш, 2166 гектарға көпжылдық шөп екпек.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы





ӨРЛЕУ

САПАЛЫ СҮТ САУЫЛАДЫ

Еңбекші ауылындағы Бейбіт Ғабдуллин басшылық ететін «Еңбек» шаруа қожалығының құрылғанына аз уақыт болса да, ауқымды істер атқарылуда. Асыл тұқымды «Семинтал» ет-сүт бағытындағы сиыр өсірумен айналысқандарына екі-үш жыл болған.

Ұлбосын ИСАБЕК

Чехословакиядан сатып алынған 66 бас ірі қараға тағы 32 бас қосылып, қысқа мерзімде асыл тұқымды мал басы 216-ға жетті. Әр сиыр тәулігіне 15-20 литр сүт береді. Сауылымдағы 80-нен астам сиырдан тәулігіне 1 тоннадан аса сүт сауылып, «Райымбек-Агро» сүт зауытына өткізіледі. Жылына 360 тонна сүт өткізеді. Сүт сауу құрылғылары автоматтандырылған және жаңа сауылған сүт құрамын зерттейтін арнайы зертхана жұмыс істейді. Нәтижесінде, табиғи таза әрі жоғары сапалы сүт өндіріледі.

– Малдың қыстан қоңды шығуы жемшөпке байланысты. Біздің шаруашылықтың асыл тұқымды сиырлары өзге малдан етті, сүтті әрі іріліктерімен ерекшеленеді. Облыс бойынша сүттің майлылығы орта есеппен 3,6 пайыз болса, бұл сиырлардікі – 4,6 пайыз. Осы қысқа 196 тонна жүгері сүрлемі дайындалды. Ал жемшөпті Бақанас жақтан сатып аламыз, – дейді «Еңбек» шаруа қожалығының зоотехник маманы Ерлан Еспергенов.

Оның айтуынша, суармалы жердің тапшылығы шаруаға қажет мал азығының жеткілікті мөлшерде дайындалуына қолбайлау болуда. Ал сатып алынған жемшөптің берекесі болмаса, мол шығынға ұшыратады. Осындай қиындыққа қарамастан малдың күйі мен сүт мөлшерін кемітпеуге бар күштерін жұмылдыруда. Мұнда ірі қараны азықтандыру және сауумен 6 адам айналысады. Солардың бірі – 30 жылдан аса трактор жүргізушісі болған Қайрат Қалмақбаев.

– Ауыл ішінде ірі шаруа қожалықтарының құрылып, жұмыс істейтініне қуанамыз. Осы қожалықта механизатор болып еңбекке араласқаныма жылдан асты. Табысым тұрақты, соның арқасында отбасымды асырап келемін, – деген механизатор өзіне тиесілі «Беларус-82» және ағылшынның көпсалалы «JCB» тракторын тізгіндеп, абыройлы еңбек етіп жүргендігін айтты.

Шаруа қожалығында көкөніс өсіру үшін 1,3 гектар жерге жылыжай салынуда. Ол іске қосылса, жергілікті тұрғындардың тағы біразы еңбекпен қамтылмақ.

Еңбекші ауылы,
Талғар ауданы

Қарқара ауылына баратын күрежолдың маңындағы Жуантөбе деп аталатын өңірде отырған «Әділхан әулеті» шаруа қожалығының шаруасы бүгінде рет-ретімен жүргізіліп жатыр.

ҚОЙ ҚОНДЫ

Қанат БІРЖАНСАЛ

Ең бастысы, мал азығының берік қоры жасалған. Жем де жеткілікті. Сәуір айында төлдейтін саулықтарға шөп беріліп тұрады. Қора жылы, оның күнделікті тазалығына да мән беріледі.

Қожалықтың жетекшісі Әділжан Халықов әкесі Әділханның жолын қуған, қырықтың ішіндегі еңбекқор, жігерлі азамат. Марқұм әкесі өз тұсында шаруашылықта мал бақты, атақты шопан болды. Әкесінің атымен аталатын «Әділхан әулеті» шаруа қожалығы 1996 жылдардан бастап жұмысын жүргізіп келеді. Қазір аталған қожалықта бір отар бірыңғай асыл тұқымды архар-меринос қойы өсірілуде. «Таңбалы тас» жайлауынан келген қойлардың жағдайы жақсы. Шетінен қоңды. Қой ұрықтандыру науқаны да сәтімен жүргізілген. Қожалықта елуге тарта жылқы, отыздан аса ірі қара бар. Олар жаз маусымында қымыз өндірумен де айналысады.

– Өткен жылы әр жүз саулықтан жүзден төл ерді. Жоспарымыз орындалды. Биыл да сол межеден көрінеміз деген үмітіміз мол, – дейді шаруа қожалығының жетекшісі.

Қожалықта болған кезімізде бас шопан Нұрғали Абдакимов пен көмекші малшы Ермек Бүйенбаев күнделікті шаруаларымен алаңсыз айналысуда екен. Өз жұмыстарын жақсы білетін көмекшілеріне Әділжан да риза. Бір сөзбен айтқанда, «Әділхан әулеті» шаруа қожалығында қой қоңды, шаруа оңды.

Кеген ауданы

JAZǴY LAGER

JAŃA JOBA

«Open Zhetysu» keńsesinde jas urpaqty tárbıeleý maqsatyndaǵy «Sanaly urpaq» jazǵy lageri jobasynyń tanystyrylymy ótti.

Sharaǵa oblys ákiminiń orynbasary Aqan Ábdýálıev, Súleımen Demırel atyndaǵy ýnıversıtet prezıdenti Meıirbek Májıtov, QR Memlekettik qyzmet isteri jáne sybaılas jemqorlyqqa qarsy is-qımyl agenttiginiń oblys boıynsha departament basshysy Serikbai Nurǵısaev qatysty.

«Sanaly urpaq» jobasynyń negizgi maqsaty – azamattardyń kózqarasyn ózgertý men sybaılas jemqorlyqqa qarsy turý mádenıetin qalyptastyrý. Sondaı-aq, joba jemqorlyqqa qarsy tehnologıalardyń zerthanasyna aınalmaq. Bul týraly S. Orikbaıuly baıandady.

Óz kezeginde baıandama jasaǵan S. Demırel ýnıversıtetiniń korporatıvtik damý departamentiniń basshysy Bekjan Tolybai jańa jobanyń jazǵy lagerinde jylyna 2000-nan asa oqýshy demalatynyn jetkizdi.

– Joba aıasynda ustazdardyń biliktiligin arttyrý maqsatynda seminar-trenıng ótkizýdi josparlap otyrmyz. Sondaı-aq, oqýshylarǵa túrli baǵytta kýrstar, lager uıymdastyramyz. Jastar úshin mańyzy zor sharany bir jyldyq joba retinde qarastyrýǵa bolmaıdy. Mindetti túrde jalǵasyn taýyp, múmkindiginshe dástúrge aınaldyramyz, – degen oıymen bólisti Meıirbek Sabyruly.

Aıta keterligi, jazǵy lagerdiń oqý baǵdarlamasy ýnıversıtettiń oqytý bazasy negizinde arnaıy jasalyp, bilim alýshylardyń kásibı turǵyda shyńdalýyna yqpal etedi. Joba aıasynda demalý merzimi 10 maýsym men 15 tamyz aralyǵynda ótedi.

Eńlik QABDESH

JOǴARY BILIM

QANAT BITIRGEN QARA SHAŃYRAQ

Mektep tabaldyryǵynan keshe ǵana úlken ómirge aıaq basqan sıaqty edim. Qujat-qaǵazdarymdy qoltyqtap, joǵary bilim berip jatqan qara shańyraqtyń esigine alǵash kelgen sátim áli kóz aldymda. Arada tórt jyldyń tórt kúndei óte shyqqany synaptaı syrǵyǵan ýaqytqa eriksiz moıynsundyrady.

Bul mekeme meniń súıikti ýnıversıtetime aınaldy. Meniń asqaq armanyma qanat bitirdi. Iá, alǵashqy kúnderi qobaljyǵanymyz ras. Jýrnalıstıka mamandyǵy meniń bilim kókjıegimdi keńeıtýge jol ashty. Talaı qyzyqty kúnderim ótti. Ómirlik dostardy da osy ortadan taptym. Tórt jyl boıy meni bilim nárimen sýsyndatqan I.Jansúgirov atyndaǵy Jetisý memlekettik ýnıversıtetiniń tarıhy tereńde.

Oqý ordasy 1972 jyly bilim berý qyzmetin bastady. Búgingi tańda ýnıversıtet sáýletti úsh ǵımaratta ornalasqan. Alty fakýltet bar. Onda 41 mamandyq boıynsha 5809 stýdent bilim alýda. Ýnıversıtette 350-den astam oqytýshy qyzmet etedi, olardyń 10-y QR Ǵylym akademıasy salalarynyń jáne halyqaralyq akademıalardyń korrespondent-múshesi, 21-i professor-doktor, 1-ýi filosofıa ǵylymdarynyń doktory (PhD) 120-sy ǵylym kandıdaty, 25-i magıstr, 80-i dosent.

Men óz ýnıversıtetimmen maqtanamyn. Adamzat balasynyń uly ıgilikteriniń biri – bilim. Al bilim sıpaty alýan túrli. Ol urpaqtan-urpaqqa aýyzsha da, jazbasha da, kórkem ádebıet arqyly da jetken. Tek aqyldy adam ǵana tereń bilimderdi meńgere alady. Bilimniń mánin «Aqyldan qymbat baılyq joq», «Aqyldy satyp ala almaısyń», «Aqyl — tozbas kıim, bilim — sarqylmas bulaq» degen halyqtyń danalyq sózderinen-aq baıqaýǵa bolady. Bilimgerlerdi shyńǵa ustaz ǵana shyǵarady. Bilgir ustazdarymnyń dárisin tyńdap, talaı jarystarda báigege tústik. Meniń ýnıversıtetim armandardyń oryndalýyna úlken múmkindik jasaıdy.

Aıym ASHATQYZY,
I. Jansúgirov atyndaǵy JMÝ-diń stýdenti

ÜKIMET OTYRYSY

БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2019 – 2023 жылдарға арналған еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму және 2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет болжамы нақтыланды. Жиында негізгі макрокөрсеткіштер мен бюджеттік параметрлер болжамдары туралы Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан СМАЙЫЛОВ және Ұлттық экономика министрі Руслан ДӘЛЕНОВ, тағы да басқа лауазымды тұлғалар баяндама жасап, келесі кезекте атқарылатын жобалар айтылды.

Қажет АНДАС

Асқар Ұзақбайұлының айтуынша, бүгінгі таңда еліміздің тау-кен, химия өнеркәсібінде, машина жасауда, сауда, көлік саласында, ауылшаруашылығында оң өзгерістер орын алып, өсім қарқыны арта түскен. Айта кетерлігі, қазірдің өзінде жалпы ішкі өнімнің өсуі 3,5%-ға жылдамдады. Бұдан өзге, биылғы ақпан айында құрылыс, негізгі капиталға инвестициялар тарту, өңдеу өнеркәсібі, металлургия салаларындағы даму қарқыны үдей түскен. Дегенмен, кейбір өңірлер негізгі капиталға салынған инвестициялар және өнеркәсіп, құрылыс салаларындағы көрсеткіштер бойынша артта қалып отыр. Жиында Үкімет басшысы қай өңірдің көш басында тұрғанын, қай аймақтың жұмыс қарқынын ілгерілете алмағанын да айтып, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне облыс әкімдерімен бірге көрсеткіштердің төмендеу себебін зерделеп, орын алған кемшілікті жою үшін барынша жұмыс істеу керектігін тапсырды.

Еліміздің туризм саласының барынша дамып келе жатқаны баршаға аян. Үкімет отырысында туризм саласының дамуы мен оның болашағы туралы да тың ойлар айтылды. Осыған орай, жиында туризм саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижелері де сөз болды.

«2025 жылға қарай еліміздегі туризм саласының жалпы ішкі өнімдегі үлесі 8 пайызға жетеді. Осы салаға тартылатын инвестициялар көлемі алдағы 7 жылда 2 трлн. теңгені құрап, 200 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылады, оның 72 мыңы тұрақты жұмыс орындары болмақ. Туристер саны жылына 7 миллион адамнан 15 миллионға дейін өседі», – деді Үкімет басшысы. Сондай-ақ, Мәдениет және спорт министрлігіне туризм саласын дамыту бойынша әзірленген мемлекеттік бағдарлама жобасын Мемлекет басшысымен келісілгеннен кейін Үкіметке бекітуге енгізуді тапсырды.

Жиында Елбасының жаңа әлеуметтік бастамаларын іске асыру, Қазақстан халқына арналған Жолдауды және «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде берілген тапсырмаларды орындауды қаржылық қамсыздандыру үшін ағымдағы жылға арналған бюджет параметрлері болжамының нақтыланғаны айтылды. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Смайыловтың айтуынша, нақтыланған бюджет жобасы Елбасының «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде сөз еткен «Әлеуметтік қамқорлық» әлеуметтік шараларын жүзеге асыру, «Жастар жылын» өткізу аясындағы іс-шараларды іске асыру, Президенттің 2017 және 2018 жылдардағы Жолдауларында берген тапсырмаларын орындау сияқты үш бағыт бойынша іске асырылады. Аталған жоба аясында Түркістан облысын және Астана қаласын дамытудың кешенді жоспарын іске асыру, Астанада Ғылыми-онкологиялық орталық, «Сарыарқа» газ құбырын салу, сондай-ақ, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты іс-шараларды да іске асыру көзделген.

Селекторлық жиынға облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов және облыстық басқарма басшылары онлайн режімінде қатысты.

Ой-өрім

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат.
Аймалайтын – анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат.
ҚАЗЫБЕК БИ

SELEKTOR

ТАЗАЛЫҚ – ТАБАЛДЫРЫҚТАН

Облыс әкімінің орынбасары Айдарбек БАЙЖАНОВТЫҢ төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Жиында әр аудандағы көктемгі санитарлық тазарту, абаттандыру, көріктендіру және көгалдандыру айлығының жұмысы талқыланды.

Айдар ҚАЛИЕВ

Шарада сөз бастаған Айдарбек Естебекұлы:

– Өкінішке қарай, аудан басшылары тазалық жұмыстарын толықтай орындап жатқан жоқ. Кейбір аудандардың орталық көшелері де талапқа сай тазаланбаған. Тіпті, облыс орталығындағы жұмыстарды да қатаң бақылауға алуымыз керек. Өйткені, бірқатар аудандардың шеті күл-қоқыстан көрінбейді. БАҚ өкілдерімен аралаған кезде осының бәрін газет беттеріне жариялап, «Жетісу» телеарнасынан көрсетеміз, – деді.

Шара барысында облыстық экология департаментінің басшысы Қоныс-бек Байеділов те санитарлық тазалау жұмыстары толықтай жүргізіліп жатпағандығын тілге тиек етті.

Жиын соңында Айдарбек Байжанов: «Тазалық табалдырықтан басталады. Сондықтан әр басшы өз жерінің жанашыры болуы керек. Қоқысты тазалап, жеріміздің экологиялық тазалығын сақтау – біздің міндетіміз», – деді. Сонымен қатар, облыс әкімінің орынбасары аудан басшыларына ауыл көшелері мен күл-қоқыс төгілетін орындардың маңайын көркейту мәселесіне бір кісідей атсалысу жайында бірқатар тапсырма берді.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

Жаңа техникамен жабдықталды

Жыл өткен сайын жетісулық шаруалар ауылшаруашылық техникасын жаңалап, жұмыс қарқынын арттырып келеді. Облыс әкімінің қолдауымен кейінгі төрт жылда ауылшаруашылық техникасын сатып алуға 6 млрд. теңге жұмсалып, заманауи техника еңбек етем деген егіншінің жұмысына серпін берді. Сондай мүмкіндікке ие болғандардың бірі Ескелді ауданындағы «Нам Г. Н.» шаруа қожалығы.

Қажет АНДАС

Аталған шаруашылық биыл да көктемгі егіс жұмысына ерте кірісті. Өйткені олар тағы да Германияда өндірілген жер жырту, тұқым себу, арамшөптерді отау, егінді жинау сияқты сан салалы жұмысты бір ғана өзі атқаратын қуатты техниканы сатып алды. Тракторының өзі 60 млн. теңге, агрегателі 20 млн. теңге тұратын техниканы «Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ арқылы лизингке алып отыр. Осындай мүмкіндікке қол жеткізген шаруашылық иесі Герман Намның құлшынысы басым.

– Шаруашылықта жаңа техникалардың қатарын көбейтуді қолға алдық. Соның арқасында жұмыс күші азайып, шығын тежелді. Есесіне, жұмыс өнімділігі жоғарылап, болашаққа деген сенім артып келеді, – дейді ол.

Шаруашылық жұмысын көруге келген облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров биыл аймақтағы егістік көлемінің едәуір артқанын тілге тиек етті. Оған жаңа техниканың көбеюі мен суландыру жүйесін қалпына келтіруге көрсетілген көмектің көп ықпал еткенін жеткізді.

– Қазіргі таңда облыста көктемгі егіс жұмысы қызу жүріп жатыр. Осы мақсатта 21 мың тонна сұйық отын бөлінген. Бүгінде наурыз айына тиесілі 6 мың тонна сұйық отын шаруаларға үлестірілді. Аймақтағы 6 нефтебазада жанар-жағармай қоры толық. Әр аудан өзіне белгіленген базадан керекті сұйық отынды кез келген уақытта алуға мүмкіндігі бар. Тұқым да жеткілікті, техника да сақадай сай, – дейді ол.

Аталған шаруашылықтың жаңа техникасы бізді де қызықтырды. Бір ретте төрт трактордың істейтін жұмысын бір өзі ғана атқарады. Сонымен қатар, жаңа техника компьютермен басқарылатындықтан барлық жұмыс ритмі сол арқылы бақыланып, реттеліп отырады. Бір қуанарлығы, сатып алынған заманауи техниканың 25 пайызын инвесторлық демеуқаржы арқылы Үкімет шаруашылыққа қайтарып береді. Қалған соманы 7 жылға бөліп төлейтіндіктен шаруаның қалтасына ауыр салмақ түспейді.

Кейінгі жылдары Ислам даму банкінің есебімен өңірлердегі суландыру жүйелерін қайта қалпына келтіру жұмысы қолға алынды. Осы мақсатта 126 мың гектар жерді суландыру жұмысы жоспарға алынған. Бұл жоба өткен жылы Ескелді ауданында басталды.

– Көктемгі егіс жұмысы бойынша биыл өңірдегі 26 мың гектар жер жыртылуы керек. Қазір оның 25 пайызы орындалды. Мұның 2900 гектарға қант қызылшасы тиесілі. Өткен жылы басталған аудандағы егіс алқаптарын суландыру жүйесін қалпына келтіру жұмысы биыл аяқталады деп күтілуде. Соның есебімен 4260 гектар жерді суландыру жүйесі жақсарады, – дейді Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Ермек Апеков.

Жоспар бойынша суландыру жүйелерді қайта қалпына келтіру жұмысы алдағы уақытта Көксу, Ақсу, Алакөл аудандарында да басталады. Осындай игілікті істер Герман Нам сияқты көптеген шаруаның сенімін ұштайтыны анық.

Ескелді ауданы



ШЕБЕРХАНА

Бүгінде өз кәсібін ашамын деген жаңға мемлекет тарапынан мол мүмкіндік қарастырылған. Солардың бірі – «Bastau Бизнес» жобасы. Бағдарлама аясында ағайынды Ержан, Нұржан Байжұмановтар кәсібін ашты.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

АҒАШТАН ТҮЙІН ТҮЙГЕН

Еңлік ҚАБДЕШ

Ағаштан түйін түйіп, ұлттық өнерімізді насихаттап жүрген шеберлер Үштөбе қаласында тұрады. Олар осыдан 3 жыл бұрын жер сатып алып, ауласын шеберханаға айналдырды. Өткен жылы «Атамекен» ҮКП Қаратал аудандық филиалына тиісті құжаттар тапсырып, 4 млн. теңге көлеміндегі қаражатқа қол жеткізді. Оған ағаш жонатын аппараттар мен қажетті құрал-жабдықтарын түгендеді. Енді жұмысы жеңілдей түсіп, тапсырысты ерте аяқтауға қол жеткізуде.

– Қолымнан шыққан әрбір бұйым ел игілігіне жарап жатса бұл – мен үшін үлкен қуаныш. Тұтынушыларым оң бағасын берсе, жұмысқа деген жауапкершілік артып, сенім нығаяды, – дейді Ержан Базарбекұлы.

Ағайындылар «Bastau Бизнес» жобасы туралы таныстарынан естіпті. Осы бағдарлама бойынша оқу курсына қатысып, жобасын ұсынып, көп ұзамай қолдау тапты.

– Қазіргі таңда біздің елде кәсіп ашамын деген жандарға мемлекет тарапынан қолдау көп. Бастаған ісіңді кеңейтуге барлық жағдай жасалған. Еңбек етемін деген адамға мүмкіндік жетеді. Тек жалқаулықты жеңе білу керек, – дейді ағаш шебері.

Ағайындылардың бос уақыты жоқ. Тапсырыс қабылдау, оны уақытылы орындау сияқты күнделікті тіршілік астасып жатыр. Көбіне жеке тұрғындардан тұрмысқа қажет бұйымдарға ұсыныс түседі. Ағаштан сандық, үстел, кітап сөрелері сынды дүниелерді жасайды. Жұмысына қарағай, қайың, шырша ағаштарын қолданады.

Сонымен бірге ол: «Ағаш қасықтан бастап бесікке дейін жасап, төл өнерді өскелең ұрпаққа дәріптеу – міндет. Болашақта үлкен ұстахана ашу – арманымыз. Тек қана орындық, үстел сынды заттарды жасап қана қоймай, ағаштан ұлттық нақыштағы ыдыс-аяқ жасау да жоспарда бар. Ол үшін арнайы оқыту курстарына жазылдық», – деген тілегімен бөлісті. Айта кетерлігі, Ержан шебердің ағаштан жасаған үстелі сапалылығымен ерекшеленеді.

Халқымыздың көне заманнан келе жатқан қолөнерін меңгеріп, ата дәстүрін жалғап келе жатқан өнерлі жандарды көргенде қуанасың. Он саусағынан өнері тамған шеберлер қашанда керек. Олардың қымбат қазынасы – өткеніміздің белгісі, келешегіміздің келбеті.

Қаратал ауданы

АТАКӘСІП

Мыңғыртып мал өсіреді

Бүгінде заманауи технология негізінде мол өнім өндіруге бағытталған шағын шаруа қожалықтары жұмыс істеуде. Солардың қатарында Жаңа Шамалған ауылдық округіндегі «Рахимов» шаруа қожалығын атауға болады.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Өз кәсібін шағын кәсіпкерліктен бастаған Айдар Рахимов атакәсіппен айналысқанға дейін түрлі салада бағын сынаған. Тіпті ауылдағы теміржол түкпірін (тупик) алып, көмірмен қамтамасыз етуге ден қойған. Ойлы-қыратты 36 гектар алқапты жекешелендіріп, жұмысын бастаған. Бұл жөнінде шаруашылық иесі: «Жердің барлығы төбе-төбе шағылдар болды. Төбелерді тегістеп, құрылысты сол жерде жүргіздік. Адамның өзінде ниет болса, атқарылмайтын жұмыс жоқ. Бүгіндері қожалығымызда түйеден басқа түліктердің бәрін өсірудеміз»,– дейді.

Қораның жел жағы мен төбесі сапалы материалдармен жабылған. Бұл Түркия мемлекетінің тәжірибесіне негізделіп салынған. Асты кебу әрі таза табиғат аясында тұрған мал төзімді болады. Сапалы мал азығының арқасында қыстан қоңды шыққан саулықтардың төлі өлім-жітімге бой бермейді. Қозылардың бірен-сараңы болмаса түгелімен қатарға қосылуда.

Қожалық иесі әуелі «меринос» тұқымды қойын өсіріп көрген. Жүні бағалы болғанымен көп күтімді қажет ететіндіктен бас тартып, толық қазақы қойға басымдық берілген. Күз айларында екі мыңға жуық қойды қасаптаған олар қазір мың бас саулықты төлдетуде. Сондай-ақ, олар ірі қараның «Әулиекөл» етті тұқымын өсірумен айналысады. Қожалықта 250 бас ірі қара бағылуда. Ал 50 бас жылқы өз қажеттіліктері үшін өсіріледі. Осы түліктердің бәрін жемшөппен қамтамасыз ету үшін 60 гектар жерге арпа сеуіп, 170 гектар алқапқа жоңышқа өсірілуде.

Айдар ата қожалық жерінен ағып жатқан шағын бұлаққа тоспа жасап, балық өсіруді жолға қойған. Әзірге сатылымға шығаруға келе қоймаса да өздері тұтынуға жетіп жатыр. Көктем шыға Шамалғандағы инкубатордан 3-5 мыңға жуық балапан сатып алып, күзге қарай Алматының дүкендеріне үйрек етін тапсыру да ойдағыдай жүзеге асырылуда. Алты гектар алқапқа тігілген алма бағы алғашқы өнімдерін бере бастапты.

Үш «Беларус» тракторы, екі комбайн, ауыр жүктерді тасымалдайтын «МАН», «КамАЗ», «ГАЗ-53», «Урал» автокөліктері малды жайлауға шығару кезінде және шаруаларды атқаруға септігін тигізуде.

Шаруа қожайыны сөзін:

– Айналамда бос жатқан жер жетерлік. Бәрінің иелері болғанымен игерілмей жатыр. Жерімді кеңейтуге мүмкіндік туып жатса, түлік түрін де, мал басын да еселеп арттыруды жоспарлаудамын, – деп түйді.

Он екі адамды жұмыспен қамтып отырған қожалықта бақташылардың айлығы 65-70 мың болса, меңгерушінің еңбекақысы 120 мың теңгені құрайды. Жұмысшылардың алаңсыз еңбек етуіне барлық жағдай жасалған. Жұмыстан бос уақыттарында теледидар көріп, тынығуға мүмкіндіктері бар. Сондықтан болар, мұнда мамандар тапшылығы мүлде сезілмейді. Керісінше, жұмысқа орналасқысы келетіндер көп.

Қарасай ауданы

БРИФИНГ

ӘЙЕЛДЕРДІ ҚОРҒАЙТЫН ЖАҢА ЖОБА

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында облыстағы тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін азайту жөнінде баспасөз жиыны өтті.

Айдын НҰРМҰХАМБЕТҰЛЫ

Отбасындағы агрессияшыл адаммен жұмыс істеудің жаңа әдістерін енгізу, облыс аумағындағы зорлық-зомбылық фактілерін азайту мақсатында қолға алынған жаңа жобаға АҚШ Елшілігі қаржылық қолдау білдіріп отыр. Бір жыл бойына жүзеге асырылатын басқыншыларға арналған психологиялық көмек көрсету жобасымен «Талдықорған аумақтық әйелдерді қорғау орталығы» қоғамдық бірлестігі, облыстық ішкі саясат басқармасы, облыстық прокуратура, облыстық полиция департаменті қызметкерлері айналысады.

– Облыс бойынша отбасындағы зорлық-зомбылық әрекеттері жыл өткен сайын артып келеді. Көпшілік отбасындағы кикілжің әлеуметтік жағдайдың төмендігінен болады деп ойлайды. Ол қате түсінік. Мұндай жағдай тұрмысы жақсы не төмен шаңырақта да орын ала береді. Осы уақытқа дейін біз зардап шеккен отбасындағы ана мен балаға заңгерлік, әлеуметтік, психологиялық көмек көрсетіп келдік. Енді жаңа жоба бойынша ер-азаматпен жеке жұмыс жасайтын боламыз. Сәуір айынан бастап әр қала, аудан, ауылдарды аралап, түрлі семинар, кездесу ұйымдастырылады. 28 мың АҚШ доллары бөлінген бұл жоба аясында талай отбасында татулық, береке-бірлік орнайды деп ойлаймыз. Зорлық-зомбылықты тоқтату бәрімізге жүктелген зор жауапкершілік, – дейді «Талдықорған аумақтық әйелдерді қорғау орталығы» қоғамдық бірлестігінің президенті Жанар Нұрмұханова.

Облыстық полиция департаментінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшесінің аға инспекторы Алтынай Рахымбергенқызы Талдықорған қаласындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығында өткен жылы 72, биыл екі айда 34 адам тиісті көмекке қол жеткізгенін айтты. Ішімдікке салынған отбасының асыраушыларын емдеу бойынша екі айда 314 адам тіркелген. Алайда емдеу орталықтарында орын саны жеткіліксіз болғандықтан полиция қызметкерлері заң аясында тиісті шаралар қолданған.

Жиын соңында қатысушылар тарапынан сауал қойылып, толықканды жауап алынды.

ЖАЗМЫШ

СОҢҒЫ САПАРҒА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Қызылорда облысында МИ-8 тікұшақ апатынан қаза тапқан Жетісу жерінің төрт боздағының сүйегі жер қойнына тапсырылды. Талдықорғандағы орталық алаңға жиналған көпшілік кіші сержант Асхат Абдулманаттың ағайын-туысына, бала-шағасына көңіл айтып, қайғылы қазасына ортақтасты.


Мәди АЛЖАНБАЙ

Қаралы жиында ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары Мұрат Майкеев пен қала әкімі Дастан Шалтабаев сөз сөйлеп, Отан қорғау жолында бақилық болған сарбаздың ақіреттік сұрағының жеңіл, иман байлығының мол болуын тіледі. Генерал-лейтенант өз сөзінде «Алтын жебе» әскери байқауына қатысып, жауынгерлік біліктілігін арттыру жолында оқыстан қаза тапқан жауынгерлердің есімі ел есінде мәңгіге қалу үшін қажетті шаралар жасалатынын, марқұмдардың отбасына 5 жылдық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтемақы төленетінін жеткізді.

Орталық алаңға жиналған халық алқызыл гүл шоғымен үнсіз шығарып салған Асхат Абдулманат Ақтау қаласындағы 30153 әскери бөлімде азаматтық борышын өтеп жүрген. Үйленген, 4 баласы бар. Марқұмның артында шырқырап әйел, балашағасы, аңырап анасы қалды. Әскери тәртіппен 3 рет көкке атылған мылтық дауысы сарбаздың есімі ұмытылмайтынын әйгілеп жатқандай еді.

Одан бөлек туған жерінде жеткізілген аға сержанттар Қайрат Нұрсапанов пен Мұрат Шариповті, ефрейтор Қуаныш Сарқытбаевты жергілікті халық арулап жерледі. Жауынгерлермен қоштасуға арналған қаралы митингке Алакөл, Кербұлақ аудандарындағы әскери бөлім сарбаздары, марқұмдардың туған-туыстары, ауыл тұрғындары қатысты.

Дөңгеленген дүние



АЛТЫН ОРДАҒА – 750 ЖЫЛ

Татарстан мектептерінде Алтын Орда хандығының 750 жылдығына арналған сабақтар өтпек. Бұл туралы Татарстан Ғылым академиясы жанындағы Алтын Орда және татар хандықтарын зерттеу орталығының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Ильнур Миргалеев айтты.

«Білім министрлігіне оқытушыларға арналған оқу құралын әзірлепбердік. Тарих пәнінің оқытушылары арнайы сабақ өтеді. Біз оларға мемлекет тарихының аса маңызды оқиғалары қамтылған қысқаша ақпаратты жібереміз»,– деді ол. Әдістемелік құралда Алтын Орда тарихындағы негізгі оқиғалар мен тұлғалар аталады әрі осы тақырыпқа қатысты ұсынылатын кітаптардың тізімі беріледі. «Білім беру жүйесі осы ақпаратты тұрғындарға жеткізуде бізге көмектеседі деп үміттенеміз. Өйткені,бұл тек оқушыларға ғана емес, ата-аналарға да қызықты. Мектептер көптеген шара өткізеді,жұрт татар тарихына,татар мемлекеттігіне арналған шаралардың маңызын толық түсінеді»,– дейді орталық басшысы.



ЖАТҚАНДАРҒА АЙЛЫҚ ТӨЛЕЙДІ

Неміс ғалымдары екі ай бойы төсектен тұрмай жатуға келісетін еріктілерге 16.500 еуро мөлшерінде айлық төлемек. Бұл туралы «Euronews.com» хабарлады.


Экспериментті Кельндегі ғарыштық зерттеулер орталығы ұйымдастырып отыр. Осы арқылы ғалымдар ұзақ уақыт бойы көлденең жатқан адам ағзасындағы өзгерістерді зерттемек. Бір белгілісі, ұзақ уақыт бойы салмақсыздық күйінде болу сүйектер мен бұлшық еттердің ыдырауына себеп болып, жүрек-қантамыры белсенділігін бәсеңдетеді,ағзадағы сұйық дененің жоғарғы бөлігіне қозғалуға ұмтылады. Бұдан бөлек,қимылсыз жата беру бас айналып, жүрек айнуына,иммунитет жүйесінің әлсіреуі мен бел ауруына әкеп соқтырады. Экспериментке байқау жариялаған Неміс аэрогарыш агенттігі 60 күн бойы қимылсыз жатуға келісім беретін 12 ер адам мен 12 әйелді іріктеп алмақ. Айта кетейік, эксперимент дайындық кезеңімен бірге 89 күнге созылады.



НОРВЕГИЯДА НАУРЫЗ ТОЙЛАНДЫ

Норвегияның мұнайлы астанасы – Ставангер қаласында Наурыз мейрамына орай салтанатты шара өтті.

Бұл туралы «Қазақпарат» хабарлады. Норвегия Корольдігі мен Қазақстан Республикасы Елшілігінің көмегімен Ставангерде отандастарымыздың басын қосқан мереке шымылдығын түрді. «NORKAZ» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған мерекелік шараға қазақ диаспорасы,норвегиялық бизнес қауымдастығының өкілдері және сол жерде тұратын және жұмыс істейтін отандастарымыздың көптеген достары қатысты. Көктем мерекесіне арналған құттықтау лебіздерін алғашқы болып«NORKAZ» қоғамдық қорының басшылары Ләйлә Мұқышева мен Бақытжан Қалиев,Норвегиядағы Қазақстан істерінің уақытша сенімді өкілі Ілияс Омаров,Қазақстандағы Норвегияның алғашқы Құрметті консулы Пэр Риттердал білдірді.



ЖЕЛІДЕН БАС ТАРТ

«The Wall Street Journal» басылымының авторы бір жылға барлық әлеуметтік желіден бас тартып, өмірінің қалай өзгергені туралы мақала жариялады.

«Әлеуметтік желілерсіз өткен уақытта айналам мүлдем өзгерді. Соңғы кездері әлеуметтік желіге,оның ішінде, поштаны тексеру,«Инстаграмға» сурет таңдау үшін көп уақыт кететін. Дегенмен, барлығынан бас тарту уақыттың құндылығын түсінуге көмектеседі,сонымен қатар,цифрлық өмірді жеңілдетеді», – депжазды автор. Оның айтуынша, әлеуметтік желілерден бас тарту оның өміріндегі ең керемет шешім. «Көпшілігі «Facebook»,«Twitter» немесе «Instagram» желілерінсіз өмір сүру мүмкін емес деп ойлайды. Бірақ пайдасы өте көп. Біріншіден,ең маңызды дүниелерге уақыт көбейеді. Екіншіден,түсінігіңізді арттырып, құштарлығыңызды оятады. Үшіншіден, еңбек өнімділігіңіз артады. Төртіншіден, жеңілдей бастайсыз. Бесіншіден,айналаңыздағы адамдармен қатынасыңыз жақсарады»,– деген ойымен бөлісті.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№47
(18611)
Бейсенбі,
18 сәуір,
2019 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады
www.7-su.kz
Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru



Суретті түсірген
Жұмабай МҰСАБЕКОВ

■ ЖҰМЫС САПАРЫ ■

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Көрме кешенінде орналасқан облыстық кәсіпкерлер палатасына барған жұмыс тобы жергілікті кәсіпкерлермен кездесу өткізіп, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулар мен көмектерді алудың жолын әңгімеледі. Алқалы жиынды ашып, жүргізіп отырған облыс әкімі алғашқы сөзді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықоваға берді.

Жұмыс тобының Жетісу жеріне жасаған ресми сапарының басты мақсатын түсіндіріп өткен вице-премьер жетім-жесірге, көпбалалы отбасыларға әлеуметтік жәрдемақы берудің жаңартылған жолдары мен көрсетілетін көмекті таныстыру мақсатында жергілікті халықпен кездесу үшін келгендіктерін атап өтті. Осыған орай әрбір министрліктің басшысы арнайы баяндама жасап, халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізетінін жеткізді.

Тақырыпқа байланысты сөз алған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев алдағы 1 маусымнан бастап жалақысы көтерілетін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт, ауылшаруашылығы және басқа саладағы мемлекеттік қызметкерлердің санатын таныстырып, оларға қосылатын жалақы мөлшерінің 30 пайызға артатынын жеткізді. Оның айтуынша, биылғы 1 сәуірден бастап атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны республика бойынша 830 мыңнан астам адам болса, оның 85 мың 560-ы Алматы облысында тұрады. Осыған орай қазір еліміздің барлық өңірінде атаулы әлеуметтік көмекке зәру отбасылардың тізімі дайындалып, қажетті мәліметтер интернет желісіне салынуда. Бұл мұқтаж отбасыларды анықтауға мүмкіндік береді. Одан бөлек, жан басына шаққандағы орташа айлық табысы 20 789 теңгеден асып кететін отбасыларға өз кәсібін жүргізуі үшін мемлекеттен жеңілдетілген несиелер мен гранттар беріледі. Сондай-ақ, жеке баспанасы жоқ отбасылардың үйлі болуы үшін де бірқатар мүмкіндіктер қарастырылған.

Сөз кезегін алған Білім және ғылым министрі Күләш Шәмшидинова мен Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов алдағы 1 маусымнан бастап айлық жалақысының мөлшері өсетін мұғалімдер мен дәрігерлер қауымының қуанышын еселесе, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов жалпы елімізде тұрғын үйдің кезегінде тұрған көпбалалы отбасылардың саны 28 мың 126 екендігін атап өтті. Соның ішінде 3149 отбасы Алматы облысында тіркеліпті. Осыған орай биылғы алғашқы жарты жылдықта еліміздегі көпбалалы отбасыларға несиелік немесе арендалық сипаттағы 2 мың пәтер беру жоспарланғанын, соның 80-нін Алматы облысы беретіндігін жеткізді.

Кездесудің екінші бөлімінде жергілікті кәсіпкерлер өздерін толғандырған мәселелерге қатысты сұрақ қойып, лайықты жауап алды. Қойылған сауалдардың ішінде мүгедектерге берілетін жәрдемақы, мемлекеттік қолдау, олардың өз кәсібін жүргізуіне берілетін мүмкіндік сынды аса өзекті тақырыптар бар.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Амандық Баталов түйін сөзді Гүлшара Әбдіхалықоваға берді.

300-ден астам адам қатысқан алқалы жиын аяқталған соң жұмыс тобы жаңа ашылған театр ғимаратын тамашалап, №28 IT мектеп-лицейіндегі робототехника сыныбының жұмысымен танысты. Астаналық қонақтар облыс орталығында атаулы әлеуметтік жәрдемақы алып отырған үш отбасының балаларына сыйлық жасап, сәбилерге қуаныш сыйлады.

Жұмыс күнінің соңына таман қонақтар «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында қоғамдық қабылдау өткізіп, тіршіліктің түйткілін алға тартқан тұрғындардың өтініші мен шағымын тыңдады. Екі кабинетке бөлініп, алты адамды қабылдаған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаевтың қабылдауына кірген халық риза көңілмен шығып жатты.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаевпен бірге келесі күні Талдықорған қаласындағы «Инфраэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне келді.

Лауазымды топ кәсіпорынның әр цехын аралап, атқарылып жатқан жұмыстарды көрді. Бұл жердегі тыныс-тіршілікпен аталмыш зауыттың директоры Данил Титов таныстырды. Бұдан соң аудан, қала әкімдері мен кәсіпорын басшылары және кәсіподақ ұйымдарының жетекшілерімен кездесу өтті. Жиында Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» атты жаңа әлеуметтік шараларының негізгі бағыттары кеңінен түсіндіріліп, насихатталды. Алдымен облыс әкімі Амандық Баталов сөз сөйлеп, аграрлы аймақтың бүгінгі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын және Елбасы тапсырмасының қалай орындалып жатқанын сөз етті. Амандық Ғаббасұлы әсіресе кәсіпкерлікті өркендету және жергілікті халықты жұмыспен қамтып, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытында қолға алынып, жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға назар аударды.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары өз сөзінде мемлекеттік саясаттың басты басымдығы халықтың әл-ауқатын көтеру екенін баса айтты. Осы ретте халықтың өмір сапасы мен тұрмыс деңгейін арттыру бойынша қажетті іс-шаралардың қолға алынып, жұмыс жүргізіліп жатқанын, сондай-ақ, басты міндеттің бірі – халықты жұмыспен қамтып, әлеуметтік көмекті қажет ететін азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетілетінін және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін алдағы үш жылда республикалық бюджеттен қомақты қаражат бөлінетінін жеткізді.

Жұмыс берушілер әсіресе еңбек орындарын сақтап, жұмысшылардың алаңсыз еңбек етулеріне жағдай жасап, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын назарға алуы тиіс екенін жеткізген Бердібек Мәшбекұлы жұмысшыларға қамқорлық көрсету, жалақысы төмен азаматтардың еңбекақысын өсіру, жалақыны уақытылы төлеу, үй-күйсіз жүргендерді баспанамен қамту, еңбек етіп жүрген көпбалалы аналарға қолдау көрсету, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұмысшыларды қысқартпау, жұмыс берушілер мен еңбеккер арасында шиеленісті тудырмау, еңбек дауларына жол бермеу, еңбек шартының орындалуына, яғни, еңбеккер мен жұмыс беруші арасындағы келісімнің сақталуы керек екеніне кеңінен тоқталды.

Келесі кезекте «АСПМК – 519» ЖШС, «Бірлік Агрофирма» ЖШС, «Жақсылық» ШҚ, «Алматы бояулары» ЖШС басшылары Виктор Сычев, Әбдіжаппар Қыстаубаев, Жақсылық Үшкемпіров, Римма Салықова сөз сөйлеп, өз ұжымдарында қызметкерлерге жасалып отырған қамқорлық шаралары туралы айтып берді.

Гүлшара Наушақызы бастаған жұмыс тобы облыстық көпсалалы балалар ауруханасының неонатальдық орталығының жұмыстарымен де танысты. Бұл нысан өткен жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілген. Жаңа аурухана ең озық үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталыпты. Мамандардың айтуынша, бөлімше нәрестеөлімін болдырмауға, дүниеге түрлі ақаумен келген сәбилерге ота жасау арқылы өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Лауазымды топ «Қаратал» шағынауданындағы бірнеше жыл бойы аяқталмай тұрған қонақүй ғимаратының құрылысын да көріп қайтты. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов жатақхана аумағын абаттандырудың бас жоспарымен таныстырды.

(Соңы 2-бетте).

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР КӨМЕКСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Жетісу жеріне жұмыс сапарымен келген Үкімет мүшелері өңірдегі мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесімен танысып, әлеуметтік көмекке зәру отбасылардың мұң-мұқтажын тыңдады. Құрамында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара ӘБДІХАЛЫҚОВА, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек САПАРБАЕВ, Білім және ғылым министрі Күләш ШӘМШИДИНОВА, Денсаулық сақтау министрі Елжан БІРТАНОВ, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитетінің төрағасы Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ сынды белгілі тұлғалар бар жұмыс тобын әуежайдан күтіп алған облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қонақтарды алдымен Талдықорған қалалық жұмыспен қамту орталығына және Халыққа қызмет көрсету орталығына апарып, ондағы көрсетіліп жатқан мемлекеттік қызметтермен таныстырды.

■ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ ■

АЛҒАШҚЫ ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Облыстық әкімдіктің жиынжайында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қатысуымен биылғы жылдың бірінші тоқсанындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы шығарылып, екінші тоқсанға арналған міндеттер сараланған келелі жиын өтті. Оған облыс әкімінің орынбасарлары, аудан, қала әкімдері мен облыстық басқарма басшылары қатысты.

Қажет АНДАС

Жиын басталмас бұрын аймақ басшысы көпшілікке Ғалымжан ӘБДІРАЙЫМОВТЫҢ Талдықорған қаласының әкімі болып тағайындалғанын жеткізді.

– Ғалымжан Райылұлы мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен, оқыған-тоқығаны мол азамат. Оның үстіне, еліміздің бірнеше өңірінде жауапты қызметтер атқарды. Облысымыздағы біраз мекеменің тізгінін ұстап, біліктілігін көрсете білді. Демек, алдағы уақытта Талдықорған қаласының көркейіп-гүлденуі үшін құлшына еңбек ететініне сенемін, – деді ол.

Осыдан кейін аймақ басшысы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова бастаған Үкіметтің жұмысшы тобының екі күннен бері облыста болып, жұртшылықпен жүздесіп, әлеуметтік нысандарды аралап, қол жеткізген жетістіктер мен алдағы жоспарларға жоғары баға беріп қайтқанын айтып өтті. Осыдан кейін жиынның күн тәртібі бойынша сөз кезегін облыс әкімінің орынбасары Жеңіс Тұяқовқа берді.

Жеңіс Шылбынұлының айтуынша, облыс бірінші тоқсанды жақсы көрсеткіштермен қорытындылады. Өткен жылдың осы мезгілімен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі 3,7%, ауылшаруашылық өнімі 2,2% өссе, 81,6 млрд. теңге инвестиция тартылған. Құрылыс, тұрғын үйді іске қосу, бөлшек тауар айналымы, тұтыну бағасының индексі, жергілікті бюджетке түскен салық түсімі де едәуір артқан. Сондай-ақ, 5144 жаңа жұмыс орны ашылып, көрсеткіш еселене түскен. Оның бәрін нақты цифр, дәлел мен дәйек арқылы айтып шыққан Жеңіс Шылбынұлының есебін облыс басшысы да көкейге қонымды деп тапты.

Аймағымызда Елбасының тапсырмасы бойынша әлеуметтік әлсіз топтарға қамқорлық жасау мәселесінде өзгеге үлгі болар жаңалық көп. Айталық, өңірде көпбалалы аналарды баспанамен қамту, тегін жол жүруге мүмкіндік жасау, олардың балаларының балабақшаға орналасуы, мектеп жасындағы балаларға жасалатын көмектер өз жүлгесін тапқан.

Осыдан кейін минберге көтерілген Панфилов ауданының әкімі Темірлан Бектасов бірінші тоқсанда атқарылған жұмыс барысын баяндады. Шекара шебінде жатқан Панфилов ауданы облыстағы өнеркәсібі мен саудасы өркендеген өңір. Сондықтан олардың бұл бағыттағы жетістігінің аз болмайтыны анық. Аудан әкімінің баяндамасында соның бәрі толық айтылды. Дегенмен, өткенде Премьер-Министр Асқар Маминнің Панфилов ауданына сапары кезінде жұртшылықтан шалғай ауылдардағы медициналық пункттердің санын көбейтіп, дәрігерлердің біліктілігін арттыру жайлы ұсыныс түскен болатын. Амандық Ғаббасұлы аудан әкімінен осы мәселені шешу жолдарын сұрады. Бұл сұраққа жауап берген облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев дәрігерлердің біліктілігін арттыру мен шалғай ауылдардағы ауруханалардың қызмет көрсету сапасын жақсарту туралы нақты шаралар қабылданып жатқанын жеткізді. Сондай-ақ, Панфилов ауданында жүгері өсіру мен өңдеу жұмысының толық кемелденбей отырғаны да жиналыста көтерілген басты тақырыптардың бірі болды.

Бірнеше жыл қатарынан республика бойынша құрылыс саласында көш бастап келе жатқан облысымыз соңғы жылдары қарқынын сәл баяулатып алды. Әсіресе, «7-20-25» бағдарламасы бойынша нәтиже көңіл көншітпейді. Оның үстіне «Бақытты отбасы» мемлекеттік бағдарламасы бойынша да жұмыс баяу жүріп жатыр. Аймақта құрылыс саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндаған облыстық құрылыс басқармасының басшысы Дәурен Жолжанов Амандық Ғаббасұлы тарапынан сынға ұшырап қалды. «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша нақты жоспары, көңіл көншітер көрсеткіші жоқ бірқатар аудан әкіміне де ескерту айтылды.

Үкімет басшысы Асқар Маминнің төрағалығымен 16 сәуір күні өткен Үкімет отырысында республиканың бірінші тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық қорытындысы сөз болып, ондағы облыстардың үлес салмағы нақты көрсетілген болатын. Аталған жиында Алматы облысы жайлы алабөтен сөз болмаса да кейбір саладағы көрсеткіштің республикалық деңгейге жетпей жатқаны белгілі болды. Осы жағдайды еске салған облыс басшысы жиынға қатысқандарға жетістіктерді одан ары жетілдіре беруді міндеттеп, көрсетілген кемшіліктерді екінші тоқсанда түзетуді қатаң тапсырды.

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс XXVI конференциясы өтті. Конференция жұмысына партияның аудандық, қалалық филиалдарынан сайланған делегаттар қатысты.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨПТЕП КӨРСЕТІЛЕДІ

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Жиында партияның 2030-ға дейінгі жоспарлаған мақсаттары баяндалды. «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар САРЫБАЕВ:

– Жетісу өңірінде 40 мың көпбалалы отбасында 165 мың бала тәрбиеленеді. Олардың 11 мыңы атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар. «Бақытты отбасы» жобасы аясында аймақта әлеуметтік жол картасы іске қосылды. Ағымдағы жылы әлеуметтік көмекке жергілікті бюджеттен 6 млрд. теңге, жол картасына қосымша 3,4 млрд. теңге қаражат қарастырылды, – деп алдағы уақытта көпбалалы отбасылар мен аз қамтылған тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыруға баса мән берілетінін айтты. Ғалиасқар Төлендіұлы аталмыш жұмыс бүгінгі күні кәсіпкерлер тарапынан үлкен қолдауға ие болып, меценаттар мен демеушілер көмегімен 3,5 мың отбасына жалпы сомасы 125 млн. теңгеге қаржылай көмек көрсетіліп, 3 пәтер, 20 үй берілгенін жеткізді.

«Құтты мекен» жобасына біріктірілген «Нұрлы жол» бағдарламасында 116 жобаның жүзеге асырылуына 92,6 млрд. теңге қаражат бөлінді. Ал «Нұрлы жер» бағдарламасында ағымдағы жылы 101 жобаның жүзеге асырылуына 17,8 млрд. теңге қаражат қарастырылды. «Халыққа көмек» бірыңғай әлеуметтік терезе» партиялық жобасы аясында облыста партияның барлық филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелерінде 376 өтініш тіркелген. Осы өтініштер ішінде 81 өтініш, яғни 21,5%-ы оң шешімін тапты.

Бұдан кейін облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Ермек Келемсейіт пен аналар кеңесінің төрайымы Жамал Баймадиева өз ойларын ортаға салды. Жастар атынан сөз алған І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жастар орталығының басшысы Арнай Байжұрынов «English for Jastar» жобасы аясында жұмыстар жалғасын тауып, биылғы жылы мың оқушы ағылшын тілін тегін меңгеретінін қуанышпен жеткізді.

Конференция соңында облыстан «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезіне 45 делегат сайланды.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№57
(18621)
Бейсенбі,
16 мамыр,
2019 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады
www.7-su.kz
Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ҚҰРЫЛЫС

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Қарасай ауданына арнайы іссапармен келіп, мұнда мемлекет пен жекеменшік әріптестігі аясында салынып жатқан екі бірдей дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысымен танысты. Ірі спорт нысандарын аралай жүріп, орын алған кемшіліктерді сынға алып, құрылыс компанияларының басшылары мен мамандардан жұмысты уақытылы әрі сапалы атқарып шығуларын талап етті.


Суретті түсірген Жұмабай Мұсабеков

САПА ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Алдымен Райымбек ауылында іргетасы қаланған дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысының өте баяу жүргізіліп жатқанына назар аударды. Осы саланың білікті маманы, Алматы қаласы мен облысындағы аса ірі жобаларды жүзеге асыра жүріп мол тәжірибе жинақтаған Амандық Ғаббасұлы қаншама айлардан бері жертөле жұмыстарынан шыға алмай жатқан «ЭлитстройПроект» құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшылығына 10 күннің ішінде металл құрамаларын толықтай аяқтауға тапсырма берді. «Біз бұл нысанды жаңа оқу жылы қарсаңында толық аяқтап, балаларға сыйлық ретінде ұсынуға тиіспіз. Ал сіздердің мына қарқындарыңызбен келесі жылы да бітпейтін түрі бар. Егер айтылған мерзімде жұмыста жылжу болмаса онда құрылыс компаниясын ауыстыруға мәжбүр боламыз!» – деді ол сөзін тұжырымдап.

Осыдан кейін Амандық Ғаббасұлы Шамалған ауылында бой көтерген республикада баламасы жоқ дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне ат басын тіреді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен салынып жатқан бұл кешеннің жұмысы 80 пайыз аяқталғаны көрініп тұр. Көз жауын алатын көркем ғимараттың сыртқы көрінісі осыны аңғартады.

Алдымен сыртқы әрлеу жұмыстарына назар аударған облыс басшысы көгалдандыру, жарықтандыру, ғимараттың айналасын талапқа сай абаттандыру жұмыстарына жекелеген ескертпелерін айтып, ақыл-кеңесін берді. Атап айтқанда, көгалдарды суғару үшін қажетті құбырларды жүргізу алдын ала ескерілмеген болып шықты. Сонымен қатар, нысан ішіне мал кірмейтіндей әдемі әрі көзге көрікті қоршаулар тұрғызу да маңызды шаралардың бірі. Аудан әкімі Жандарбек Далабаевқа нысанның сыртында жайқалып өскен көгалдардың солып қалмауы үшін суғару жұмыстарын жүргізетін мекемені анықтау жүктелді.

Ғимараттың ішін аралаған Амандық Баталов волейбол, баскетбол, футбол залдарын, күрес, бокс, фитнес жаттығу бөлмелерімен жеке танысып, орын алған олқылықтарды атап көрсетті. Мысалы, нысанды жобалау кезінде бокс залына қабырғаға ілінетін айна, боксшылар үшін аса қажетті «грушаларды» алу ескерілмеген көрінеді. Жүзу бассейнінде жарыс кезінде ақпарат беріп отыратын табло, ледэкран қою да ұмыт қалдырылған. Осындай жекелеген мәселелерге мән бере жүріп Амандық Ғаббасұлы құрылысшылар жіберген олқылықтарға да назар аударды. Қисық қағылған шеге, түзу сыланбаған қабырға, еңкейіп тұрған есік сияқты ұсақ-түйектер де басшының назарынан тысқары қалмады.

Асханаға арналған бөлмеге қажетті қондырғылар жеткізіліп қойылған. Амандық Ғаббасұлы бұл жерге таныс-тамырлар мен «көкесі» барларды емес, ұзақ жыл тамақтандыру саласында тәжірибесі бар адамдарды қою қажеттігін баса ескертті. Кең әрі жарық дәліздердің қаңырап бос тұрмай, жаттығудан шыққан спортшылардың бір мезгіл отырып тынығуына мүмкіндік беретін жұмсақ жиһаздармен көркемделуі керектігі де тапсырылды.

Әкімшілік қызметкерлері отыратын бөлмеге келгенде облыс басшысы спорт кешенінің басшылығына ұсынылып отырған Дәурен Төлегенді әңгімеге шақырып, жылу қазандығы, су жүйесі, өзге де көптеген құрылымдары бар үлкен кешенге басшылық жасау үшін спортшы болу аздық ететінін, ол үшін ең алдымен шаруашылық жүргізу тәжірибесі қажет екенін қадай айтты. «Сол үшін қазірден бастап кешендегі әр бөлмеге, әр спорт секциясына қажетті дүниелерді мұқият саралап, оның жеткізілуін қадағалау маңызды», – деді ол.

Кешен маңындағы үлкен футбол стадионына келгенде Елбасының: «Көрермендер отыратын орынды әлі де кеңейте түссе дұрыс болар еді?!» деген тілегін ескере келіп, металл каркастардан жасалынатын жиналмалы трибуна тұрғызуға тапсырма берді.

– Біз бұл спорт кешенін Нұр-Сұлтан қаласының күні қарсаңында пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Демек, маусым айына дейін барлық жұмыс аяқталып, сынақтан өткізіп үлгеруіміз керек. Бірақ, асығыстық жасап, құрылыстың сапасын төмендетіп алуға рұқсат жоқ. Сондықтан баршаларыңа табыс тілеймін! – деді Амандық Баталов.

Осыдан кейін облыс басшысы құрылысшылармен, жұмыс барысын көрсетуге келген қаламгерлер қауымымен естелік суретке түсті.

Қарасай ауданы

EL ISHINEN

ARTYLǴAN SENIM AQTALADY

1993 jylǵy Qazaqstan Respýblıkasynyń Joǵarǵy Keńesi jergilikti memlekettik organdar qurylymyna mańyzdy ózgerister engizgen «Jergilikti bılik jáne atqarýshy organdar týraly» Zań qabyldady. Osy Zańdy negizge ala otyryp, 1994 jyly elimizde tuńǵysh ret máslıhattar ınstıtýty engizildi.

Olarǵa jergilikti turǵyndardyń quqyǵyn kózdeıtin jáne óz aldyna jeke áreket etetin memlekettik qurylymnyń qyzmeti men ókilettigi berildi.

Búgingi tańda 2016 jyldyń naýryz aıynda ótken saıası naýqanda ózderińiz artqan senimdi arqalap, Eńbekshiqazaq aýdandyq máslıhattyń altynshy shaqyrylymynyń depýtaty atanǵan 23 azamat óz ókilettikterin júzege asyrý úshin ilkimdi isterdiń tamyryna boılap, sybana eńbek etýde.

Aýdanymyzdan saılanǵan oblystyq máslıhat depýtattary ózderiniń kelisimderi boıynsha jańadan qurylǵan turaqty komıssıalarǵa qosymsha baqylaýshy retinde engizildi. Budan bólek, depýtattyq qyzmetti júzege asyrý sheńberinde úlken máseleler boıynsha depýtattyq saýal joldaý quqyǵy barynsha paıdalanylyp keledi. Táýelsizdigimizdiń arqasynda qurylǵan Qazaqstan máslıhattaryna 25 jyl toldy. Osy ýaqyt aralyǵynda talaı jumys atqaryldy. Ali de kúrmeýi sheshilmegen máseleler jeterlik. Endigi mindet – el artqan senimdi aqtap, abyroıly eńbek etý.

Beglan SATYBALDIEV,
Eńbekshiqazaq aýdandyq
máslıhattyń bas mamany

JYLYJAI ASHTY

Kópbalaly ana Sarqan aýdanynyń Birlik aýylynda jylyjaı ashty. Ol «Bastaý» jobasy boıynsha oqýdan ótip, jeńildetilgen nesıege qol jetkizdi.

Jas kásipker Dildana Bókeı ashqan zamanaýı jylyjaıdyń aýmaǵy – 500 sharshy metr. Bul aýdandaǵy eń iri kásipkerlik nysannyń biri sanalady. Atalǵan keshende jyl boıy qyzanaq, qıar sıaqty kókónis túrleri ósiriledi.

– Jylyjaı qurylysyn qys aıynda bastadyq. Jylý men tamshylatyp sýarý júesi ornatyldy. Munda kókónisterdiń erte pisetin suryptary egildi. Alǵashqy ónimdi sáýir aıynyń sońyna qarai aldyq. Otbasymyz úlken. Jubaıymmen bes bala tárbıeleýdemiz. Aýylsharýashylyǵyn qarjylaı qoldaý qory arqyly 2,9 mıllıon teńge jeńildetilgen nesıe alyp, isti bastadyq, – dedi Dildana Bókeı.Isker áıel jylyjaı salýdy burynnan oılapty. Bıznes-jobany iske asyrý maqsatynda «Bastaý» kásipkerlik negizderi boıynsha sabaqqa jazylyp, qyr-syryn úrengen. Jylyjaıda jylyna úsh mýnǵa jýyq kókónis ósirip, aýdan naryǵyna shyǵarý josparda bar. Aıta keteık, ótken jyly «Bastaý» jobasy barlyq aýdanda ótip, 3361 azamat oqýǵa qatysty. Onyń ishinde 916 bıznes-joba 2,5 mıllıard teńgege qarjylandyryldy.

Aıgúl BAIJUMAQYZY
Sarqan aýdany

KÓSHET OTYRǴYZDY

Jeke bıznes ókilderi, memlekettik qyzmetkerler men stýdentter Tekeli qalasyndaǵy Kásipkerler alleıasyna jas talshybyqtar otyrǵyzdy.

Alleıa monoqalanyń dál ortalyǵynda ornalasqan jáne az ýaqyt ishinde kórneki jerge aınaldy. Oblystyq kásipkerler palatasynyń Tekeli qalalyq fılıalynyń dırektory Turysbek Jumádilov jasyl baqqa on qaıyń men qyryq qyzyl shaǵan otyrǵyzylǵanyn aıtty. – Biz jyl saıyn jańa aǵashtar otyrǵyzamyz. Birneshe jyldan beri bul jer qalamyzdyń ádemi ornyna aınaldy. Osyǵan kásipkerler birlesip kúsh jumyldyryp keldi, – dedi qalalyq fılıal basshysy.

Kásipkerler alleıasy óńirlik kásipkerler palatasynyń bastamasymen 2014 jyly ashyldy. Monoqalalarda saıabaqtardy jańǵyrtý baǵdarlamasyn qoldaý maqsatynda kásipkerler jeke qarajattary esebinen alleıaǵa oryndyqtar qoıyp, 100-den asa qylqandy jáne japyraqty aǵash otyrǵyzǵan.

ÓZ TILSHIMIZ
Tekeli qalasy

ЖОЛ ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Кейінгі жылдары облыс аумағындағы жолдарды жөндеу жұмысы жоғары деңгейде қолға алынды. Айталық, Алматы – Талдықорған жолының жұртты жүгін жеңілдеткенін көріп келеміз. Бұрындары 4-5 сағатта көлікті қинап жүріп жететін аралықты бүгінде 2-3 сағатта жүріп өтеміз. Тақтайдай жол жүргіншіні де, жүргізушіні де қынжылтпайды. Өкінішке қарай, Талдықорғаннан Өскемен қаласына жол алған жүргіншілердің жетер жеріне жеткенше уайымы басылмайтын. Енді көп өтпей соның бәрі артта қалатын болды.

Қажет АНДАС

Биыл республикалық маңызы бар «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен» автожолының 287 – 1073 шақырым аралығындағы құрылыс жұмысы ресми басталды. Мұның 287 – 615 шақырымы аралығындағы 313,5 шақырымы облыстың еншісінде. Ол Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының шекарасын басып өтеді. Осы аралықтағы жолдың 31,5 шақырымы 4, 282 шақырымы 2 жолақты болады. Сондай-ақ, екінші деңгейдегі 2 жол айрығы, 21 көпір және 404 су өткізетін құбыр салынады. «Каздорпроект» ЖШС жобалаған жол құрылысын жүзеге асыруды «CITIC Construction Co, LTD» ЖШС жауапкершілігіне алса, «ГК Инжиниринг» ЖШС техникалық қадағалауға жауап береді.

Аталған компания бүгінде жол құрылысына қауырт кірісіп кеткен. Талдықорғаннан шыға берістен бастап жер қазып, шағылтас тасып, құрылысқа қажетті басқа да материалдарды жеткізіп, сабылысып жүрген техниканы көзің шалады. Бір жерде көпір салынып жатса, екіншісі, дөңді қазып төмендетіп, тағы біреулері төгілген құм-тастарды тегістеп жүр. Таң атқаннан кеш кіргенше тынымсыз жүргізілетін жұмыс қарқыны ерекше.

Бұл жолы Талдықорған қаласы мен Ақсу ауданының орталығы Жансүгіров ауылына дейінгі жерді аралап шықтық. Жобалау құжаттарына сай Талдықорған – Өскемен күрежолының 316, 362, 473, 532, 584 шақырымына 5 құрылыс алаңы орын теуіпті. Ол жерлерге қаз-қатар үй салынып, жол құрылысына қажетті техникалар мен материал дайындайтын зауыттар орналасқан. Сонымен қатар, жұмыстың іркіліссіз жүруін бақылап отыру үшін Үшарал қаласының бұрылысында «Рубеж» бекеті, Қабанбай ауылының маңынан жол пайдалану пункті, Жансүгіров ауылы мен Үшарал қаласының маңынан жол пайдалану басқармасы құрылған.

Ең бастысы, жол құрылысының басталғаны ауыл тұрғындарына көп көмек болды. Жұмыссыз отырған ауыл жастары жол құрылысы жұмысына тартылып, тіршілігін түзей бастады.

– Бұрындары бұл кезде қала жағалап, жұмыс іздеп кетуші едік. Енді демаларға уақыт таппай жүрміз. Ай сайынғы жалақымыз да тұрмыстық қажеттілікті шешуге жетіп жатыр. Тіпті қала жағалап, пәтер жалдап жүретін таныстарымыз қайтадан ауылға орала бастады. Ауыл өміріне де сән кірді. Күні бойы жол жұмысында болсақ, демалыс күндері үй-жайымызды реттеп, жаңаша өмірге талпынып жатырмыз, – дейді кран жүргізуші Асқар Бекенов.

Қазір қызу еңбек Талдықорғаннан шығаберіс пен Талдықорған – Қапал жолының қиылысында, Қызылағаш пен Сағабүйен ауылының аралығындағы аумақта қарқын алған. Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, олар күзге дейін жұмыстың басым бөлігін бітіріп тастауды жоспарлап отыр.

Бұл басқа аумақтағы жұмыс жайымен жүріп жатыр дегенді білдірмейді. Талдықорғаннан Өскеменге дейін дәл осындай қарбалас қимыл орын алуда.

Ақсу ауданы



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ 4 ПАЙЫЗ

Кезекті Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИН ел экономикасының даму қарқынының айтарлықтай жақсы екендігін атап өтті. Мәселен, қаңтар-сәуір айларындағы жалпы ішкі өнім өсімі 4 пайызды құраған. Атап айтар болсақ, құрылыс, сауда-саттық, көлік, машина жасау, соның ішінде автокөлік өнеркәсібі, металл кендерін өндіру, мұнай өңдеу және жеңіл өнеркәсіп салаларындағы өсім көрсеткіші экономиканың негізгі драйверлеріне айналып отыр.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Негізгі базалық көрсеткіштер бойынша экономикалық өсімге Шығыс Қазақстан, Қостанай, Түркістан, Павлодар, Атырау облыстары қол жеткізген. Өз кезегінде Үкімет басшысы Маңғыстау, Ақмола облыстарының және Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдіктеріне құрылыс, инвестициялар, өнеркәсіп және тұрғын үйді пайдалануға беру көлемін арттыруды тапсырды.

«Төмендеуге жол берілген өңірлердің әкімдіктері жоспарлы көрсеткішке шығуы қажет, ал көш бастап тұрған өңірлер қолда бар қарқынды төмендетпеуі керек», – деді Асқар Ұзақбайұлы.

Сондай-ақ, бұл жиында биылғы жылдың төрт айындағы республикалық бюджет болжамының қалай орындалғаны белгілі болды. Электронды сауданы дамыту мәселелері де осы өтірікта қаралды. Мәселен, республикалық бюджетке 2,1 трлн. теңге көлемінде кіріс кірген. Ал республикалық бюджеттің игерілуі 98,3 пайыз.

Үкімет басшысы: «Қолда бар қорларды тиімді пайдалану қажет. «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», Индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларын және басқа да салалық мемлекеттік бағдарламалардың сапалы әрі толық іске асырылуын қамтамасыз ету қажет», – деді. Яғни, аталған бағдарламаларды іске асыру экономиканы одан әрі дамытуға ықпал етпек.

Ал электронды коммерцияны дамыту 2025 жылға қарай логистикалық компаниялардың транзиттен кірісін 1,27 трлн. теңгеге дейін ұлғайтпақ. Электронды сауда көлемін арттыру жаңа жұмыс орындарын құруға септігін тигізетін болады. Бүгінде аталмыш және іргелес салаларда 33 мың адам жұмыспен қамтылған. Ал 2025 жылға қарай бұл көрсеткіш 314 мың адамға жетеді деп көзделіп отыр.

Үкімет басшысы электронды сауда арқылы отандық ауылшаруашылығы өндірісінің және басқа да өңдеу өнеркәсібінің өнімдерін шетелдерге, оның ішінде қытай нарығына өткізу әлеуетін атап өтті. Мысалы, ауылшаруашылығы тауарлары мен тамақ өнімдерін электронды сауда-саттық арқылы өткізу жыл сайын 20 пайызға көбейетін болады.

БАСПАСӨЗ – 2019

«Жетісу» газетінің екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

Міне, жаныңызға жақын «Жетісу» газетінің жүз бір жылдық белесінде шығарылған кезекті саны алдыңызда жатыр. Газет тілшілері дайындаған дәйекті дүниелерді асыға күтсеңіз, ел ішіндегі елеулі оқиғаларды ең бірінші болып оқығыңыз келсе, қоғамның сан тарау тақырыбын қаузайтын мазмұнды мақалалар қызықтырса, ойланбастан «Жетісуға» жазылыңыз. Журналистиканың жүзжылдық жақұтымен бірге тыныстаңыз, өрелі оқырман!



Жалпы жазылу:

Жазылушылар	Индексі	6 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	4500,72	4810,32
Зейнеткерлер үшін	35469	2876,40	3186,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3011,04	3320,64
Жалпы жеке жазылу	65469	3147,84	3457,44

Редакцияға келіп балама жазылу:

Жазылушылар	6 айға
Заңды тұлғалар үшін	3600
Зейнеткерлер үшін	2000
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2100
Жалпы жеке жазылу	2300

Электронды форматтағы жазылу:

Жазылушылар	6 айға
Заңды тұлғалар үшін	3300
Зейнеткерлер үшін	1650
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1750
Жалпы жеке жазылу	1850

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

БІЗ АРЫСПЕН БІРГЕМІЗ!

Кезекті Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Арыс қаласындағы жағдайды назарға алды. Онда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Арыс қаласындағы тұрғын үйлер мен әлеуметтік, инфрақұрылымдық және басқа да нысандарға келтірілген залалдар анықталып, осы мәселе бойынша оң шешім қабылданатынын және қысқа мерзім ішінде толық қалпына келтіріліп, бұл бағытта Үкімет тарапынан қажетті іс-шаралардың қолға алынатынын мәлім етті.

Қираған нысан қалпына келеді

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Осы ретте Асқар Ұзақбайұлы қала тұрғындарына көмек көрсету мақсатында қаражат жинау бойынша «Nur Otan» партиясының бастамасын қолдауға шақыратынын айтты. Арыс қаласындағы төтенше жағдай орнында жүргізіліп жатқан жұмыстар мен зардап шегушілерге медициналық көмек көрсету туралы вице-премьер Жеңіс Қасымбек, ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов, ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың баяндамалары тыңдалды. АТ-саласындағы инновациялық экожүйені дамыту мәселелері де осы жиында қаралды. Бұл туралы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Жұмағалиев баяндады.

Асқар Қуанышұлының айтуынша, 2018 жылы Astana Hub халықаралық технопаркі ашылған сәттен бері АТ-стартаптарға жалпы көлемі 29 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылған. Сондай-ақ, қазір жергілікті биліктің қолдауымен аймақтарда АТ-хабтар ашылған. Astana Hub халықаралық технологиялық паркінің бас директоры Джозеф Циглер start-up экожүйелер салуда белгілі бір табысқа қол жеткізілгенін атап өтті. Өткен жылы Astana Hub базасында 500-ден аса іс-шара өткізіліп, оларға 20 000 адам келген елдегі №1 АТ-орталық болған.

Жиында ҚР Президентінің «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» сайлауалды бағдарламасын және «Бірге» жалпыұлттық акциясы барысында азаматтардан алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын орындау шаралары қаралды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралардың нақты жоспарын қабылдады. Үкімет өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу шараларын әзірледі. Осы бойынша ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Смайылов пен ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Жеңіс Қасымбек баяндады.

Үкімет басшысы азаматтардың әл-ауқатын арттыру – басты мақсат екенін алға тартып, барлық мемлекеттік органдарға Президенттің сайлауалды бағдарламасының іс-қимыл жоспарының міндеттерін шешуге жауапкершілікпен қарауды тапсырды. Іс-қимыл жоспарын уақытылы әрі сапалы орындау азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етіп, әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік бермек. Асқар Ұзақбайұлы мемлекеттік органдарға сарапшылар қауымдастығын тарта отырып, нәтижеге қол жеткізуге бағытталған нақты шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды.

КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

Журналистер үйінде өңірлік коммуникация қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Түркістан облысы, Арыс қаласында орын алған төтенше жағдайға байланысты брифинг өтті.

Шарада сөз алған облыстық азаматтық альянсының директоры Елдар Сапаров:

– Арыс қаласында зардап шеккен отандастарымызға қолдау көрсету мақсатында «Жетісу Арыспен бірге!» акциясын бастадық. Гуманитарлық көмекті қабылдау пункті шамамен бір ай көлемінде таңғы сағат 09.00-ден кешкі 21.00-ге дейін жұмыс істейді. Осы бір сын сағатта жұрт болып қолдау көрсету біздің парызымыз, – дей келе шараға барлық тұрғындарды белсенді қатысуға шақырып, мүмкіндігінше көмек қолын созуды ұсынды. Сондай-ақ, Елдар Қайсарұлы зардап шеккен арыстықтарға беретін ең қажетті заттардың тізімі дайындалғанын айтты. Олардың қатарында консервілер, дәнді дақылдар, макарон өнімдері, минералды су және балаларға арналған киімдер мен көрпе, жастықтар бар.

Жетісулық мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік мекеме өкілдері Арыс тұрғындарына арнап өздерінің бір күндік еңбекақыларын аударуда. Қабылдау пунктінің мекенжайы Талдықорған қаласы, Қабылиса жырау көшесі, 127-үйде орналасқан. Одан бөлек, Түркістан облысында осы жағдайға байланысты арнайы корпоративтік қор құрылған. Қаржылай жәрдем бергісі келген азаматтар ақшаларын сол жерге аударуға болады. Қайырымдылық көмек Түркістан облысы Арыс қаласында зардап шеккендерге жәрдем беру «Түркістан» корпоративтік әлеуметтік даму қоры арқылы жүргізіледі.

«Түркістан» корпоративтік әлеуметтік даму қоры реквизиттері: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Қызылорда тасжолы, 34 А ғимараты, пошта индексі 161200 БСН (БИН) 100440016000 «ForteBank» АҚ Түркістан қаласындағы филиалы ЖСК (ИИК) KZ7196528F0007014540 БСК (БИК) IRTYKZKA

ЖЫР-ШАШУ

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Жаршысы болып келдің жақсылықтың,
Жазғаның кейде оғындай жай-шыбықтың.
Жақ болдың әділетке жаның қалмай
Бітіспес күресінде қайшылықтың.

Таңды да кейде ұйқысыз атырасың,
Аянбай жұмысты да жапырасың.
Ұзақ күн қажып келіп, қалам алып
Толғанып тағы қанша отырасың.

Жамандық кетпесін деп алып белең,
Карайсың барлығына байыппенен.
Қарынның қамын ғана ойлайтындар
Көз салар саған ылғи қауіппенен.

Мұңайып қалғандай ма, күрсініп кім,
Мазасы кеткендей ме тіршіліктің?..
Бәріне араласу керек – бәрі,
Жатады міндетіне тілшіліктің.

Біреулер құптап, біреу кінәлайды,
Сен бірақ аяйтұғын құралайды.
Айналған тынысына тіршіліктің
Тілшілер басқаша өмір сүре алмайды.

Нүсіпбай ДОДАБАЙҰЛЫ



МЕЙІРЕТІҢІЗ

Көзілдірік ішіндегі күңгірт кеп,
Көп қиялдың бірі ғана жеңе түрген.
Десе де ел,
Айнымайтын сертінен.
Келген жандай өзгертуге заңдарды,
Айырылған еркінен.
Мысқылына тұсау салып кәуірдің,
Мысығын да мәз етпекші ауылдың.
Дүниеге әкелердей ереже,
Дүкенінде сатылмайтын дәуірдің.
Есегіне теріс мінген кезеңнің,
Реті келсе бөгемекші өзенін.
Өз қайғысы болса тегі бірсәрі,
Елдің мұңы тілгілейді өзегін.
Соны көріп, қайран қалам кейде мен,
Жауға шыққан жан елестеп жейдемен.
Жазылардай сөздің нұрын түсірсе,
Ақиқаттың асқазаны түйнеген.
Замананың айналдырған ұршығын,
Тазартам деп қауесетін, қылшығын.
Бәлкім, қоғам келер ме еді тәртіпке,
Тағдырынан дәріс алса тілшінің!



ұхтар КҮМІСБЕК

Автокеруен аттанды

Тосыннан келген қиындықтың зардабын көріп отырған арыстық ағайынға демеу болсын деген ниетпен «Жетісу өңірі – Арыспен бірге» атты акция ұйымдастырылуда. Соған орай жетісулықтардың сәлемдемесі тиелген он шақты жүк көлігі оңтүстікке жол тартты.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Ұзынағаш ауылы маңынан өтетін күрежол бойына аялдаған автокеруенді «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев, Жамбыл ауданының әкімі Бағдат Әлиев бастаған бір топ азаматтар сәттілік тілеп шығарып салды. Ұйымдастырылған гуманитарлық көмектің ішінде 60 миллион теңгенің тауары, азық-түлік, сусындар, тағы басқа бірінші кезекте қажетті заттар бар. Оның ішінде 15 тонна ұн, 7 тонна қант, кеспе, күріш, балалар мен ересектерге арналған киім-кешектер, құрылыс материалдары салынған. Бұған жиырмаға тарта ірі компания атсалысқан. Сонымен қатар, қарапайым азаматтардың да үлесі бар.

– *Партия бастамасымен қолға алынған шараға бүкіл Жетісу жұртшылығы атсалысуда. Қазір облыс бойынша 23 көмек орталығы ашылып, жұмыс істеуде. Онда Арыс тұрғындарына көмек ретінде арнап әкелінген заттар қабылдануда. Автокеруен әлі де жалғасады. Бюджеттік мекемелер мен кәсіпкерлер, жеке ұйымдар, азаматтар, үкіметтік емес ұйымдар, азаматтық қоғам институттары кешелі бері бір күндік жалақыларын көмек қорына аудару үстінде. Облыста 150 баланы қабылдауға жазғы демалыс лагері бүгін келем десе де дайын тұр. Арыс қаласының халқын сабырға шақырамыз,* – деді Ғ. Төлендіұлы.

Жылу жеткізуге асыққан сапаршыларға ауданның Құрметті азаматы Қырғызбай Атагелдиев ақсақал сәтсапар тілеп, батасын берді.

Жамбыл ауданы

Облыстық әкімдіктің мәжіліс залында ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен онлайн режимінде селекторлық кеңес өтті. Шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысты.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Жиында ҚР Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев Арыс қаласындағы төтенше жағдайға байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстар мен қандай көмек керектігін тілге тиек етіп, қазіргі уақытта тұрғын үйлер мен теміржолдарды қалпына келтіру басты назарда тұрғанын жеткізді.

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің айтуынша, Арыс қаласында 104 көпқабатты үй зақымдалған. Жеке тұрғын үйлердің 95 пайызына нұқсан келіп, 50-ге жуығы қираған. Үйлерді жөндеу жұмыстарына 9 миллиард теңгеден астам қаражат керек. Теміржол пункттерін қалпына келтіру үшін 6-7 сағат керек. Жолаушы пойыздары да белгіленген уақыттан кешігіп жүріп жатыр 25 маусымда 35 пойыз тоқтатылды. Қазіргі уақытта 5 мың жолаушы жоспарланған кестеден кешігіп келеді. Екі мыңнан астам адамды көшіру үшін арнайы автокөліктер жұмылдырылды. 84 жүк пойызы уақытынан кешікті. Бұл мәселені шешу үшін бес контейнерлік пойыздың бағытын өзгерту туралы шешім қабылданды. Қазіргі уақытта Арыс стансысында 724 жүк тиелген вагон тұр.

– Егер таңертең тұрғындарды қайта көшіруге рұқсат берсе, алдымен қаланы дезинфекциялау қажет. Өйткені, эпидемиялық аурулардың таралу қаупі бар. Біз Арыс аймағын 17 секторға бөлдік. Әр секторда шамамен 450 үй бар. Қаланы бір айдың ішінде қалпына келтіру үшін әрбір аймаққа он бригададан жұмылдырамыз. Жөндеу жұмыстарына қажетті қаражатты жай ғана аударып беру жеткіліксіз. Себебі, аз уақыт ішінде жөндеу жұмыстары бітпейтіні анық. Сол себепті әр өңірден адамдар тарту керек, – деді Өмірзақ Естайұлы.

Шара барысында Премьер-Министр жұма күні Арыс қаласына баратынын айтып, еліміздегі облыс әкімдерінің орынбасарларына жұмылып жұмыс істеуді тапсырды.

Жиын соңында облыс әкімі Амандық Баталов Үкімет басшысы жүктеген тапсырмаларды орындау үшін жедел штаб құруды ұсынды. Сондай-ақ, бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовқа Арысқа баратынын айтып, жөндеу жұмыстарын қадағалау мақсатында құрылыс компанияларының басшыларын өзімен бірге ала кетуді жүктеді.

А. НАЗАРҰЛЫ

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

Елбасының тапсырмасына орай, өңірімізде бірқатар игілікті істер атқарылуда. Сол қатарда тұрғындарды баспанамен, студенттерді жатақханамен қамту мәселесі назардан түспей келеді. Осыған орай, облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Талдықорған қаласындағы бірқатар құрылыс нысандарын аралап, ондағы жұмыс жайымен танысты.

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНДЫ, КЕМШІЛІК ТЕ БАР


Қажет АНДАС

Аймақ басшысы алдымен «Қаратал» шағынауданындағы студенттерге арналған жатақханаға бас сұқты. Біраз жылдан бері құрылыс жұмысы тоқтап тұрған нысанға бүгінде жан кірген. Қарбалас жұмыс жүріп жатқан нысанды аралап көрген Амандық Ғаббасұлы ондағы жұмыс қарқынына жақсы бағасын берді. Жалпы тоғыз қабатты ғимарат қаладағы колледж студенттерінің осыған дейін пәтер жалдап, сабылып жүретін қиыншылығын шешіп қалмастан, ғимараттың айналасындағы атшаптырым аумақты алып жатқан бос жер абаттандырылып, студенттердің бос уақытында көңілді демалыс ұйымдастыратын орны болмақ. Өңір басшысы нысанның құрылысын қазан айына дейін бітіріп, ел игілігіне беруді тапсырды.

Келесі кезекте Ынтымақ ауылынан салынып жатқан коттеджді қалашықтағы үйлерге жол тартты. Бұл жерде де қарқынды жұмыс жүріп жатыр. Алдын ала берілетін үйлер бой көтеріп, оны абаттандыру жұмысына кірісіп кеткен. Мұнда салынған үйлер заманауи өлшемге сай болғанымен, ауласын реттеу, үйге кіріп-шығатын жолдарды жасау, көрші үйлердің шегарасын бөлу жұмыстары әлі де атқарылмаған. Үйлерді аралап шыққан өңір басшысы тапсырыс беруші және мердігер компанияның өкілдеріне біраз кемшілікті көрсетіп, түзетуді тапсырды.

АТАКӘСІП

Істің қиюын келтіріп, әр салада өз кәсібін дөңгелентіп отырған жандар аз емес. Сол қатарда «Дайыров» шаруа қожалығының тыныс-тіршілігімен танысудың сәті түскен еді. Төрт түлік өсіру ата-баба кәсібі десек те қиындығы бір басқа жетіп артылатын іспен айналысып жүргені көңілімізді қуантты.



Шаруасы шалқыған

Бала кезден төрт түліктің қасында жүріп, осы саланың қыр-сырын меңгерген Болат Дайыров 2008 жылы «Дайыров» шаруа қожалығын ашқан. Қожалықтың тізгінін бүгінде балалары Руслан мен Абзал ұстап, кеңейтіп отыр.

Қазіргі уақытта қожалықтағы 25 бас ірі қара, 320 қойды күтіп-баптап, көбейту мақсатында ауқымды жұмыстар қолға алынған. Ірі қараны қолдан ұрықтандыру әдісі арқылы сүтті бағыттағы «Алатау» тұқымын бағып отыр. Айта кетерлігі, қора-жайы да оңтайландырылып, заманауи әдіске негізделіп салынған екен.

Биыл 100 саулық пен 25 сиыр төлдеген. Ендігі алға қойған мақсаты – етті бағытта мал өсіріп, шаруашылықты кеңейту. Бұл жөнінде шаруалар:

– Мал бордақылауға арнайы алаң ашсақ деген ойымыз бар. Мал сойылып, бір жерден қабылданып, ешқайда тасымайтындай жағдайды ұйымастырғалы отырмыз, – дейді.

Шаруаның айтуынша, қой малы күтімді көп қажет етеді.

– *Мал бағу оңай іс емес. Оның ішінде қой бағуға көбінің ебі келе бермейді. Қойдың күтімі көп. Сондықтан тынбай, ерінбей еңбек етуді талап етеді. Сонда ғана еңбегіңнің жемісін көруге болады,* – дейді Руслан Дайыров.

Бұл шаруа қожалығы егін шаруашылығымен де айналысады. Биыл 85 гектар алқапқа дән сіңіріп, одан ойдағыдай өнім аламыз деген ниетте. Яғни, 26 гектарына қызылша тұқымы себілсе, қалғанына майбұршақ өнімі егілді. 1400 гектардан аса жайылымдық жері бар.

Атакәсіпті нәсіп еткен шаруашылық алдағы уақытта жеке кәсіпте мол табысқа жетуге пейілді. Бұл ретте олар мал басын асылдандырып, шаруасын одан әрі өрістетуге бет бұрып отыр. Алдағы уақытта мемлекет қолдауын тиімді пайдаланып, еңбектерінің игілігін көрмек.

Шаруасы алға басқан Дайыровтар отбасының шөп шабу, қой қырқу, тағы басқа да толып жатқан жұмысы бар. Сүтін тартып, қаймақ, құрт дайындайды. Н. Алдабергенов ауылындағы шаруалар жайы осындай.

Е. МАРХАБЕККЫЗЫ

Ескелді ауданы

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 80
(18644)
Бейсенбі,
11 шілде,
2019 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz
@#Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ҚОНЫСТОЙ



Сүретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Талдықорғандықтар биылғы елорда күнін тағы да үлкен қуанышпен қарсы алды. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» тарапынан бой көтерген 16 қабатты, 230 пәтерлі үш үйдің кілті иелеріне табысталды. Салтанатты шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ арнайы қатысып, көпшілікті қуанышымен құттықтады.

Қажет АНДАС
Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

– Қымбатты қауым, қадірменді жаңа пәтер иелері, сіздерді бүгінгі қуаныштарыңызбен құттықтаймын! Бүгінде елімізде халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етудің барлық мүмкіндігі қарастырылған. Елбасының бастамасымен қолға алынған «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», «7-20-25» сияқты бағдарламалар аясында қаншама адам үйлі болып, берекесін тасытқанын көріп келеміз. Сол үрдісті Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жалғастырып, «Бақытты отбасы» бағдарламасымен жұрттың ризашылығына бөленуде. Бүгін соның куәсі болып отырмыз. Сан түрлі кәсіппен айналысатын адамдар осындай сәулетті де салтанатты үйде көрші болып, болашақ өмірге қадам басқалы отырсыздар. Осындай қуаныш әлі де көп болады деп сендіремін. Біз алдағы уақытта қаладан 800 мың шаршы метр тұрғын үй салып, баспанасыз адамдардың қажеттілігін қамтамасыз етпекпіз. Сонымен қатар, жуық арада 1 қабатты 100 жеке үй және 125 пәтерлі 2 көпқабатты үйдің құрылысы аяқталып, қоныстойына куә боламыз, – деді облыс әкімі.

Осыдан кейін Алматы облысының Құрметті азаматы Әлімғазы Райымбеков ардагерлер атынан сөз алып, жаңа пәтерге ие болғандарға ақ батасын беріп, отбасына бақ-береке тіледі.

Пәтер кілті тапсырылады дегенді естіп, өздері үй алмаса да жақындары, құда-жегжаты, бала-шағасының үйлі болып жатқан қуанышын бөлісе келгендер көп.

– Бүгін қызым Әлия Молотова екі бөлмелі үйдің кілтін алды. «Баласы атқа шапса, анасы үйде тақымын қысып отырады» деген нақыл бар ғой. Жасым егделеп қалса да осы қуанышты көпшілікпен бірге бөлісуге келдім. Өзім қырық жылдай білім беру саласында жұмыс істедім. Бірақ сол кезде осындай қуанышқа ие болып көрмеп едім. Қызым да білім беру саласында жұмыс істейді. Егемен елдің арқасында жаңа үй алып, жадырап өмір сүретін болды. Елге осындай жақсылықтар сыйлаған Елбасына, Президентке, облыс басшылығына алғысым шексіз, – дейді зейнеткер Гүлбану Тұрсынова.

Елбасы 2019 жылды Жастар жылы деп жариялап, жастарға көптеген қолдау танытуды тапсырғаны белгілі. Көпшіліктің арасында жаңа үйге ие болған жастар да көп болды. Соның бірі облыстық ауруханаының қызметкері Айдана Бексұлтан:

– Облыстық ауруханада жұмыс істегеніме екі жыл болды. Қазірге дейін құрбыларыммен бірге пәтер жалдап келгенбіз. Енді өзімнің жаңа үйім болды. Бұл менің жұмысымды абыроймен істеп, жетістікке жетуге мүмкіндік береді деген ойдамын. Осы тұста анам Анаргүл Қалқабаеваға алғысымды айта кеткім келеді, – деді.

Облыс әкімі көпшілікпен бірге жаңа үйді аралап, пәтер иелеріне естелік бұйымдар ұсынды.

Биыл Талдықорған қаласында бюджет есебінен 52,4 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысы жоспарланып, бүгінде 23,6 мың шаршы метрі пайдалануға берілді. Коттеджді қалашықта 2 қабатты 155 жеке үйдің құрылысы жүргізілуде. «7-20-25» бағдарламасы бойынша 8 және 9-шы шағынауданда 5 үйдің құрылысы биыл басталып, келер жылы ел игілігіне берілмек. Сондай-ақ, 8-ші шағынауданда 936 пәтерлі 12 үйдің жобалық-сметалық құжаттары дайындалуда.

***

Елорда күні мерекесі Қаратал ауданы, Үштөбе қаласында шаттық шалқыған күн болды. «Жерде бір бала қуанса, көкте мың періште шаттанады» дегендей, айтулы мерекеге орайластырып Үштөбе қаласында бой көтерген жүз пәтерлі үй өз иелерін тауып, көпбалалы аналар мен кішкентай періштелер қуанышқа бөленді.

"Шаңырақ" шағынауданы мен Ақын Сара көшесінде бес қабаттан тұратын екі үйдің кілті табыс етілді. Салтанатты шараға облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** арнайы келіп, шаңырақ иелерін құттықтап, 100 отбасыға пәтер кілтін табыс етті. Пәтер кілтіне ие болғандардың басым көпшілігі көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар және балалар үйінде тәрбиеленгендер. Сонымен қатар, көп жыл пәтер кезегінде тұрған адамдар шаңырақ иесі атанды.

Салтанатты шарада Амандық Ғаббасұлы қараталдықтарды айтулы мерекемен құттықтап, облыс бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға аз-кем тоқталды.

"Мемлекетімізде халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмысы қарқынды жүргізілуде. «7-20-25», «Бақытты отбасы», «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламалары аясында облыс тұрғындары баспанамен қамтылуда. Өздеріңізге белгілі, қазіргі таңда көпбалалы отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету – басты назарда. 2019 жылы облыстық бюджеттен 200,0 млн. теңге бөлініп, Үштөбе қаласы «Шаңырақ» шағынауданында 40 пәтерлі тұрғын үй сатып алынды. Сонымен бірге, 2018 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 60 пәтерлі жалгерлік тұрғын үй 412,4 млн. теңгеге салынды. Осы пайдалануға берілетін 40 және 60 пәтерлі тұрғын үйдің 25-і көпбалалы отбасыға беріледі. Облыс бойынша кәсіпкерлер тарапынан көпбалалы отбасыларға 116 пәтер және тұрғын үй беріліп, қаншама отбасы бақытқа кенелді", – деп атап өтті өңір басшысы.

Расында да жаңадан бой көтерген 60 пәтерлі көпқабатты тұрғын үй кірген жанның жүрегін жылытады. Заманауи талаптарға сай салынған үйдің іші жарық, бөлмелері кең, аулысы да тұрғындарға қолайлы. Облыс әкімі Амандық Баталов «Шаңырақ» шағын ауданындағы 40 пәтерлі үйдің ауласына қосымша ақша бөліп, балаларға арналған ойын алаңшасын жасатып беретінін сөзінің соңында жеткізді. Мұндай жағымды жаңалықты естіген тұрғындар қуанышына қуаныш қосып, шаттықтары еселене түсті.

Пәтер кілтін өз қолымен табыстағаннан кейін облыс әкімі Амандық Баталовқа аудан ақсақалы Болатқали Жұлынов және пәтер иесі, мүмкіндігі шектеулі жанның анасы Әйгерім Байгутдинова алғысын айтып, өз ризашылықтарын жеткізді. Мұнан соң өңір басшысы есігін айқара ашқан жаңа үйдің ішін аралап, шаттыққа бөленген шаңырақ иелерін құттықтап шықты.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

САПАҒА МӘН БЕРУДЕ

Ауылшаруашылығының сүбелі бір нысанына айналған «Алматы» өндірістік ауылшаруашылығы кооперативінің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысуға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік ҮМБЕТОВ арнайы іссапармен келді. Аталған шаруашылықтың құрылғанына биылғы күзде 90 жыл толады.

Ұлбосын ИСАБЕК

Біз ат басын бұрған шаруашылықтың №1 сүт кешеніндегі тек қана сүт бағытындағы 1500 бас шетелдік «Голштин-фриз» сиырының 940 басы сауын сиыр екен. Олардың әрбірінен тәулігіне 26,8 – 30 литрге дейін сүт сауылуда. Тәулігіне 3 рет сауылатын сиырлардың барлығынан күніге 25 тоннаға дейін сүт өндіріліп, оны «Фуд-Мастер» мен «Шин-Лайн» сүт зауыттарына өткізу жолға қойылған. «Алматы» өндірістік кооперативінің №2 сүт кешенінде ет-сүт бағытындағы мыңға жуық отандық «Алатау» асыл тұқымды сиырлары бар. Сонымен қатар, шаруашылықта 20 мың бас асыл тұқымды қой өсіріледі. Заман көшінен кем қалмай, жаңашылдыққа, озық технологияға негізделген шаруашылықтың ісі ілгерілеп, өнімділігі артып отырғанын айрықша атамақпыз. Кеңдала ауылдық округіне қарасты «Ақдала», «Еңбекші», «Ақөзек» тұрғындарының әлеуметтік жағдайына қол ұшын созып, бақташы, механизатор, сауыншы сынды жұмыстарға тартып, тұрғындардың тұрақты еңбекпен қамтылуына баса назар аударылғаны тілге тиек болды. Сөйтіп, сан емес сапаға көшкен шаруашылықтың бүгінгі тыныс-тіршілігіне халық қалаулысы Серік Үмбетов қанықты.

– Шаруашылықтың тарихы тереңнен қалыптасқан. Кеңестік кезеңде табысы тасқындаған Ленин орденді ұжымшар болған. 2016 жылы сатып алып, содан бері қайтадан дамытуға, өркендетуге күш салудамыз. Осы мақсатта шетелден «Голштин-фриз» деп аталатын сүтті бағыттағы асыл тұқымды қара ала сиырларды алып келіп, өсірудеміз. Ол Еуропа мен ТМД елдеріне кеңінен танымал тұқым. Сүтке деген ресурсы өте мол, – деді шаруашылық жайын баяндаған «Алматы» АШӨК-нің төрағасы Айтбай Сейітов.

Модернизациядан қайта өтіп, қалпына келтірілген сүт кешенінің сауын залы Италиядан алынған құрылғылармен жабдықталған. Сүт кешенінде адам еңбегі азайған. Бұрынғыдай топырлаған адам қарасы мүлдем көрінбейді деуге болады. Сүт сауу мен малдың азықтандырылуы толықтай автоматтандырылған. Сүт кешенінің еңбеккерлері жаңа технологияны меңгерген жас мамандармен толығуда.

«Сиырдың сүті – тілінде» деп тегін айтпаған. Мұндағы сиырларға берілетін азық қоры да өзгеше. Бұл тұқымның табиғаты нәзік болып келеді. Сол себепті, азықтандырылуына айрықша мән беріледі. Күнделікті сауылатын сүті арнайы зертханада тексерістен өткізіледі. Сиыр сүтінің майлылығы 3,7-4 пайызға дейін жетсе, сарыуыздың құрамы 3,7 пайызға, яғни өте жоғары болуымен ерекшеленеді, – дейді №1 сүт кешенінің меңгерушісі, жас маман Дарина Сұлтанбай.

– Мен облыс әкімі болып жүрген жылдары бұл шаруашылықты Анатолий Смыков деген мықты маман басқарды. Содан бері ізденіске толы еңбектің жемісі үзілмеген шаруашылықтың осы күнгі күйі де көңіл қуантарлық екен. Жаңарғаны, жаңа бағытқа бет алғаны бірден байқалады, – деген халық қалаулысы Серік Әбікенұлы Жетісу өңіріне келген іссапарының басты мақсатын тарқатып өтті.

– Жалпы, депутаттар каникулға шығып, ел ішін аралауда. Сапар барысында істеліп жатқан жұмыстар жайын түсіндіруде. Қандай заң болса да халыққа тиімді, қажеттілігіне жарайтын заң болуы керек. Халыққа бүгінгі керегі баспана, тұрақты жұмыс пен қауіпсіздік шаралары. Республика бойынша 340 мың көпбалалы ана бар. Олардың 31 700-і үйдің кезегінде тұрғандар. Елбасының саясаты осы аналарды баспанамен қамтамасыз ету болатын. Бұған қоса, ел Президентінің мүмкіндігі шектеулі, тұрмысы төмен отбасылардың несиесін өтеп беру жөніндегі жағымды жаңалығы елді қуантты. Ал ең негізгісі – ауыл мәселесі. Ауылды көтермей еш уақытта мемлекеттің жағдайы болмайды. «Нан болса ән де болады» деген жақсы мақал бар ғой. Сол себепті, ауылды жолмен, жарықпен, таза ауызсумен қамтамасыз етіп, жастарға тұрақты жұмыс беруді жолға қоюымыз керек. Осындай әлеуметтік мәселелердің түйінін тарқағанда тұрмыс та түзеледі. Елбасы бағдарламасында айтылғандай, жастарды оқуға тарту, компьютерді меңгеру, салауатты өмір салтын қалыптастыру сынды мәселелер жүзеге асқанда әлеуметтік салада серпіліс болады, – деген халық қалаулысы аталған аудандағы интенсивті бау-бақша өсірумен айналысатын «Баймене» және «Грин-эко» өндірістік жылыжай шаруашылықтарын аралау барысында тыныс-тіршіліктеріне көңілі толғандығын атап айтты.

Талғар ауданы

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы (бұдан әрі басқарма) облыстың ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне 2019 жылғы күзгі дала жұмыстарын жүргізуге дизель отынын бөлу операторы «Қарамай Продактс» ЖШС екенін хабарлайды.

Босату бағасы 1 литріне 181 теңгені құрайды.

Басқарма, оператор және аудан, қала әкімдерінің арасында дизель отынын жеткізу туралы меморандум бекітілген.

Оны алу үшін ауылшаруашылығы бөліміне жүгіну және жөнелтуге рұқсат қағазын алу қажет.

Дизель отынын бөлу белгіленген стансылар бойынша алдын ала төлем жасалғаннан кейін жүзеге асырылады.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

АРЫС ҚАЛАСЫНАН КЕЛДІ

Жуырда Арыс қаласындағы апатты көзімен көріп, санасын қорқыныш билеген 140-қа жуық балдырған Жетісу жеріне жеткізілді. Алматыдағы теміржол вокзалынан зор қошеметпен қарсы алынған жас жеткіншектерге ән мен жырдан шашу шашылды. Салтанатты қарсы алудан соң арыстық балалар Еңбекшіқазақ ауданы Түрген шатқалындағы "Тау-Жаңашар" демалыс орнына жеткізілді.

– Мұнда келген балалардың денсаулығы жіті қадағаланады. Оларды түгелдей клиникалық диагностикалық зерттеуден өткізу жоспарланған. Білікті педиатрларымыз тәулік бойы денсаулықтарын қадағаласа, қосымша психологтар мен дерматологтар қызмет көрсетеді, – дейді Еңбекшіқазақ ауданды ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Гүлмира Алтынбекова.

– Балалардың көңіл күйі өте жақсы. Демалыс орнында тынығумен қатар оқуға, серуендеуге айрықша көңіл бөлінетін болады. Бұл орайда әлеуметтік педагогтар көмектеседі. "Тау-Жаңашар " демалыс орнында 20 күн демалған соң қалған 10 күнін Қапшағайдағы "Күншуақ" лагерінде жалғастыратын болады. Балалардың толыққанды демалып қайтуына облыстық бюджеттен 30 млн. теңге бөлінді, – дейді облыстық білім басқармасы бөлімінің басшысы Гүлжан Елубаева.

Нұр-Сұлтан қаласы күні мерекесі кезінде жеткен балаларды Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Ысқақ Бинәлі зор құрметпен қарсы алып, жас жеткіншектерге жазғы демалыстарының көңілді өтуіне тілектестігін білдірді.

Табиғаты көркем Жетісу жеріне, әсіресе, ару Алматыға алғаш табаны тиген балалардың жазғы демалыстарының есте қалырлықтай әсерлі өтуіне спорт және эстрада жұлдыздары да атсалысады деп күтілуде.

Ал әзірге Алатаудың бауырайында демалыстарын бастап кеткен балалардың қуанышты күміс күлкілері көк аспан төрінде қалықтауда.

Айта кетерлігі, арыстық жас жеткіншектер көркем табиғаттың баурайында 20 күн демалып, Арыстағы апатты жағдайдан жан жарасын жазып, жаңа оқу жылына жақсы көңіл күйімен оралатын болады.

Ұ. БӨРІБАЙҚЫЗЫ
Еңбекшіқазақ ауданы

ЖОЛ ЖӨНДЕУ

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНДЫ

Жаркент қаласының асфальт төселмеген көлденең көшелерінің орташа жөндеу жұмыстарына биыл бюджеттен 80645 мың теңге бөлінген. Алдын ала жасалған жобаға сәйкес бірқатар көшеге асфальт төселіп, жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Өткен жылы өңірде аудандық маңызы бар 18 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде жалпы ұзындығы 6,1 шақырымды құрайтын 7 көшенің күрделі жөндеу жұмыстарына 244 993 мың теңге бөлініп, толық игерілді. Бұл жөнінде аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Арғын Саурықов:

– Ауылдық елді мекендердің жалпы ұзындығы 7,7 шақырымды құрайтын 12 көшесіне орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалынды. Оған 425 898 мың теңге бөлінді. Үстіміздегі жылы жолдарды жөндеу жұмыстары жоспарға сәйкес аудан орталығы Жаркент қаласының 19 көшесіне жүргізілмек. Сондай-ақ, бірнеше үлкен көшеге асфальт төселді. Нақтыласақ, жылдың алғашқы 5 айында 5 көшенің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды, – дейді.

Заман ағымы елді мекендердің инфрақұрылымын озық үлгіде жасауды талап етеді. Соңғы жылдары аудандағы жолдар мен жаяу жүргіншілер соқпақтары талапқа сай жасалып, көшелер жарықтандырылды. Одан бөлек, өңір тұрғындары табиғи газбен қамтылып, елді мекендерде ауызсу құбырлары жаңартылып, өркениет өрістеуде.



Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

ФОРУМ

Кәсіпкерлікке бейімдеу керек

Салтанат сарайында Алматы облысы әкімдігінің, «Жасыл экономика» G-Global-ды дамыту коалициясы мен «EXPO&WOMEN» ХҰ» ЗТБ-ның, «Coca-Cola» халықаралық компаниясының, сондай-ақ, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы ауылдағы өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыру» тақырыбында іскер әйелдер форумы өтті.



Қажет АНДАС

Шара жұмысына «Әлеуметтік динамика» қоғамдық қоры, Іле ауданындағы «Прогресс» жекеменшік политехникалық колледжі, Еңбекші-қазақ ауданының жергілікті қоғамдастық қоры, «Қазақстан фермерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің аудандық филиалы да өз деңгейінде қолдау көрсетті.

Шараны облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуалиев жүргізіп, алдымен облыстағы кәсіпкерлікті қолдау мен іскер әйелдерге көрсетілген қолдау барысын сөз етті.

– Елбасы өткен жылғы халыққа Жолдауында «Ауыл – ел бесігі» жобасын жүзеге асыруды тапсырған еді. Бұл бастаманың мақсаты – ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ондағы сан саланы өркендету. Демек, ауылды өркендету еліміздің дамытудың басты шарты. Жоба аясында ауыл кәсіпкерлерінің біліктілігін арттыру, сан саланы дамыту бойынша бірқатар шара көзделген. Олар ретімен іске асуда. Атап айтқанда, облыстағы әйелдердің үлес салмағы денсаулық сақтау саласында 81, білім беруде 71,2, қаржы саласында 70,7, мәдениет саласында 62, ауылшаруашылығында 33,6, өнеркәсіпте 32,9, құрылыс саласында 10,3 пайызды құрап отыр. Ағымдағы жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту» бағдарламасы бойынша 3,5 мың адам жұмыспен қамтылып, көпбалалы отбасы мүшелерінің үйде жұмыс істеуіне жағдай жасалып, 150 грант пен шағын несие бөлінді. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді ол.

Жиында өз ойымен бөліскен ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Қаракөз Сүлеймен:

– Бүгінгі таңда елімізде кәсіпкерлікпен айналысатындардың тең жартысы нәзік жандылар. Қазақ әйелі қай заманда да өзінің еңбегімен еленген. Бұдан кейін де солай бола береді. Қазір елімізде іскер әйелдер 500 мыңға жуық орта және шағын кәсіпорынды басқарып, 1 миллионнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Халықтың демографиясын арттырып отырған алтын құрсақ аналар саны 500 мыңнан асады. Оларға мемлекет тарапынан түрлі әлеуметтік көмек көрсетілуде, көрсетіледі, көрсетіле бермек. Демек, ауыл әйелдерінің кәсіби деңгейін өсіру Ұлттық комиссияның негізгі мақсатының бірі, – деді.

Іскер әйелдердің тәжірибесін жинақтап, қоғамның өркендеуі үшін пайдалану – алда тұрған міндет. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстарды «Жасыл экономика және G-Global дамыту коалициясы» ЗТБ басқарма төрағасы Салтанат Рақымбекова айтып берді.

– Коалиция бастамасымен облыстарда ауыл әйелдерінің форумын өткізуді жоспарлап отырмыз. Бірінші рет Жетісу жерінде ұйымдастырып отырмыз. Сол үшін аймақ басшылығына алғысымызды білдіреміз. Негізгі мақсатымыз – ауылдағы әйел кісілерге бизнес ашудың мүмкіндігін айту. Өздеріңізге белгілі, 7 жылдан бері елімізде «Coca-Cola» белестері» атты үлкен бағдарлама жүріп жатыр. Осы арқылы ауыл әйелдерін оқуға шақырамыз, бизнес жобасын жүзеге асыруға көмектесеміз және озық идеяларға 4 мың долларға дейінгі көлемде қайтарымсыз қаржылай көмек көрсетіледі. Сондықтан, бизнес ашамын деген ауыл әйелдері өз жобасын тамыз айының 20-на дейін бізге тапсыруы керек. Жеңімпаздарға қараша айында Нұр-Сұлтан қаласында өтетін II республикалық ауыл әйелдерінің форумында қаржылай көмек тапсырылады, – деді ол.

Облысымызда «Coca-Cola» белестері» бағдарламасы бойынша қаржылай көмек алып, өз жобасын жүргізіп отырған бірқатар кәсіпкер бар. Олар да бүгінгі форумға шақырылып, көпшілікке өз тәжірибелерін таныстырды. Сол қатарда «Әлеуметтік динамика» қоғамдық қорының директоры Елана Ожго аталмыш әлеуметтік жобаның жүзеге асуы туралы айтып берді.

Пленарлық мәжілістен кейін «Менің жетістігімнің тарихы» шеруі ұйымдастырылып, Іле ауданындағы «Прогресс» жекеменшік политехникалық колледжінің директоры, «Менің жетістігімнің тарихы – 2018 жыл» номинациясының лауреаты Жанна Телпекбаева өз тәжірибесімен таныстырды. Сондай-ақ, қараша айында өтетін Қазақстанның ауыл әйелдерінің екінші форумына делегат ретінде қатысатын лауреаттар жетістіктерімен бөлісті. Осыдан кейін «Coca-Cola» белестері» жобасының 2013-2018 жылдардағы жеңімпаздары және «Пекин: EXPO-2019» іс-шарасына қатысушылардың диалог алаңы құрылып, Денис Теннің «Экоферма» Жасыл технологиялар орталығының тәжірибесі» атты шеберлік сабағы өтті. Сол қатарда Жанна Телпекбаеваның «Қызметкерлерді тарту мен ынталандырудың жолдары» және Бақытгүл Елшібаеваның «Қазіргі заманғы бизнес басқару дағдылары» атты тренингі көрсетілді. «Ауылда жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алуға арналған қолжетімді бағдарлама» (Отбасылық фермерлік шаруашылықтарды дамыту қоры және «Investment Consulting Agency» ЖШС) жобасының тұсаукесері өтті.

БӘРЕКЕЛДІ!



Үй алып берді

Текеліде «Фирма СМР» ЖШС қаладағы бір отбасын қуантып, үй сатып алып берді. Баспананың кілтін табыстауға моноқаланың әкімі Бақтияр Өнербаев пен игі іске себепші болған компанияның директоры Жанболат Піржанов келді.

Компания әуелі көпбалалы ана туралы және оның отағасы I топтағы мүмкіндігі шектеулі жан екенін әкімдіктен біліп, көмек қолын созды. Жеті баланы тәрбиелеп отырған Александр Сизиков пен Наталья Мельникованың көп жылдан бері жалдап келген төрт бөлмелі үйін иесінен сатып алып, сыйға берді. Қаратал көшесінде орналасқан үйдің жаңа иесі Александр әуелі үйді сыйға берген жандарға алғысын айтып, «жүзіме келген қуанышты қоя беріңіз, іштегі жанартаудай жарылғалы тұрған сезімімді білсеңіздер ғой», – деп рахметін айтты.

Демеушілік көрсеткен «Фирма СМР» ЖШС директоры Жанболат Піржанов: «Әр қалталы азамат игі іспен айналысып, осындай мұқтаж отбасыларға көмектессе, еліміздің дамуы ерекше болады. Біз өз тарапымыздан қолымыздан келгенше, қаражатымыз жеткенше көмек беруге дайынбыз», – деді. Отбасының он үш жастағы кенже ұлы Раул көзін ашқалы көрген үйдің өз иеліктеріне өткеніне қуанып, баспана сыйлаған жандарға ізгі тілегін білдірді.

Қали АСҚАР



Баспана бақыты

Елорда күніне орай Мұқаншы, Балпық, Жарлыөзек, Айнабұлақ және Еңбекші ауылдық округтерінде 13 көпбалалы отбасына тұрғын үй кілті табысталды.

Еңлік ҚАБДЕШ

Салтанатты шараға қатысқан аудан әкімі Алмас Әділ баспаналы болған отбасыларды қуанышымен құттықтады.

– Бүгінде өңірде мемлекеттік қолдаудың арқасында тұрғын үй құрылысы қарқын алғаны байқалады. Көпбалалы отбасыларын баспанамен қамту бағытында 123 миллионнан астам теңге бөлінді. Қаражатқа 21 үй сатып аламыз. Қалған 8-і конкурс негізінде сатып алынып, тамыз айының соңында табысталады. Балпық би ауылында 50 пәтерлі үй қараша айында қолданысқа беріледі. Одан бөлек, 20 пәтерлі баспананың құрылысы басталды, – деген А. Қабдулұлы «7-20-25», «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында да тұрғын үй құрылысы жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Мұқаншы ауылдық округіне қарасты Көксу бекетінен үйге ие болған Қойлыбаевтар отбасы қуанышты жаңалықты бір күн бұрын естігендігін айтты. Нұрым, Сырым, Назым, Арсен, Дәрия есімді балаларды тәрбиелеп отырған көпбалалы отбасы 8 жылдан астам уақыт пәтер жалдап тұрған.

– Өз үйіміз болатынын естігенде сенбедік. Шын ба деп қайта-қайта сұрадық. Қолымызға кілтті табыстағанда ғана сендік. Балаларымның қуанышында шек жоқ. Өз баспанаң болғанға не жетсін?! Осындай шараның басы-қасында жүріп, көмек қолын созып жүрген басшылыққа алғысымыз шексіз, – дейді көпбалалы ана Ботагөз Қойлыбаева.

Ал, Қартбаевтар отбасы Балпық би ауылында 90 шаршы метр баспанаға қол жеткізгенін айтып, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау үшін алғысын білдірді.

– Біз 13 жыл бойы жалдамалы пәтерде тұрдық. Өзіміздің баспанамыз болмады. Кезекте 9 жыл тұрып, өз үйімізге қол жеткіздік. Бүгін – отбасымыз үшін ең бақытты күн. Хабарласып, сіздер үйлі болдыңыздар дегенде қуаныштан көз жасымызды жасыра алмадық, – деді Меруерт Қартбаева.

Ауданда 936 көпбалалы отбасы тіркелген. Сондай-ақ, 634 «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері бар.

Игілікті іс алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Көксу ауданы

ӨРЛЕУ

ЖЕТІСУДЫҢ жаңа бренді



Талдықорған қаласындағы «Сана» халықаралық жекеменшік корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрғақ құрылыс қоспаларын шығарумен айналысатын кәсіпорын. Бұл өндіріс ошағын бизнес саласында жиырма бес жылдан астам тәжірибесі бар кәсіпкер Сайлау Ахметжанов ашқан.

Зауытта күніне 50 тонна өнім шығарылады. Дайын өнімдердің алты түрі «Sanamix» брендімен сатылымға шығарылуда. Олар цемент сылауы, гипс сылауы, кафельді желім, құйма еден, теңдестіруші тегістеуіш және көмбе тегістеуіш деп аталады. Отандық өнімнің жоғары сапасын неміс және швейцариялық технология қамтамасыз етеді.

Өнімнің тағы бір ерекшелігі – оның бағасында. Тауар құны нарықтық бағадан төмен.

«Қазіргі өндіріс көлемі алдағы уақытта өңірді құрғақ құрылыс қоспаларымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сапасы жағынан «Alinex» немесе «Rotband» сияқты танымал брендтерден еш кем емес. «Sanamix» олармен тең дәрежеде бәсекелесе алды. Сонымен бірге біздің өнім 700-800 теңгеге арзан», – дейді «Сана» ХЖК» басшысы Сайлау Ахметжанов.

Өндіріс орнында он екі адам жұмыс істейді. Бәрі жергілікті тұрғындар. Қазіргі таңда кәсіпорын болашақ серіктестерімен тауарды өткізу бойынша келіссөздер жүргізуде. Ендігі кезекте «Sanamix» отандық брендін құрылыс дүкендерінің сөресінен көретін боламыз. Өз кезегінде облыстық кәсіпкерлер палатасы аталмыш серіктестікті отандық тауар өндірушілер тізіміне енгізіп, кәсіпорынға мемлекеттік бағдарламалар мен мемлекеттік сатып алуға қатысу, өнімдерді нарыққа шығару, тағы басқа бағыттар бойынша сүйемелдеу жүргізбек.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Дөңгеленген дүние



БҰҚА ЖАРЫСЫ БАСТАЛДЫ

Испанияның Памплона қаласында тоғыз күндік бұқалармен жүгіру жарысы басталды. Бұл туралы «Хабар 24» хабарлайды.

Бірінші күннің өзінде медициналық көмекке 50-ден астам адам жүгінген. Фестивальге қатысу үшін мыңдаған тұрғын мен қала қонақтары аппақ түсті киім киіп, қызыл белдік тағып шыққан. Олар үш минутқа созылатын жарыста бұқалардың алдына түсіп қала көшелерімен жүгіреді. Зардап шеккендердің басым бөлігін бұқа мүйізімен сүзген. Жарысқа қатысушылар көңілді болғанымен, жануарларды қорғау ұйымдары сайысты сынға алуда.



ЕМДЕЙТІН ОЙЫНШЫҚ

Калифорниялық өнертапқыш науқас қарияларды емдейтін ойыншық жасап шығарды. Робот-күшік Альцгеймер және деменция дертіне шалдыққандарды емдейді.

Томбот деп аталатын жасанды күшік айтарлықтай күтімді қажет етпейді. Батарея қуатымен жұмыс жасайтын робот құдды бір нағыз күшік сияқты қимылдап, қариялардың көңілін аулайды. Том Стивенске бұл ой өз анасы ауыр дертке ұшыраған кезде келген. Оның айтуынша, Альцгеймермен сырқаттанған анасы сүйікті күшігін күте алмай, басқа біреуге беруге мәжбүр болған. Сол кезде анасының қатты қиналғанын көріп, Том жасанды сырт пішіні кәдімгі иттен айнымайтын ойыншық жасауды ұйғарады.



САТУРН ЗЕРТТЕЛЕДІ

НАСА Сатурнды зерттеуге дрон жіберетін болды. Ұшқышсыз аппарат аталған ғаламшарға 2026 жылы аттандырылады.

Миссияның басты мақсаты — Сатурнның жер қыртысы мен атмосферасын зерттеу. НАСА түрлі құралмен жабдықталған аппарат арқылы көптеген сурет пен сынамалар алуды жоспарлап отыр. 2 жыл 7 айға созылатын зерттеу кезінде дрон 1,75 млрд. шақырым жер жүреді деп болжануда. Және де аппарат тек күндіз жұмыс істеп, түнде қуаттандырылатын болады. Ал бірегей жобаның құны 850 миллион доллар.



КИТТЕРДІ ЕРКІНДІККЕ ЖІБЕРДІ

Ресейлік ғалымдар Охот теңізіне 8 китті еркіндікке жіберді. Олардың алтауы белуха болса, екеуі қасатка. Бұған дейін сүтқоректі жануарлар Қиыр Шығыстағы «Белый кит» компаниясының қарауында болған.

Олар Қызыл кітапқа енген қасаткаларды Қытайға сатуды көздепті. Бұл жағдай Greenpeace-тің наразылығын тудырған. Кейін аталған іске Кремль араласып, Ресей президенті Владимир Путин теңіз жануарлары мәселесін оң шешуді тапсырды. Енді шілде айында тағы бірнеше белуха мен қасатка Приморье аймағына жіберілуі тиіс. Бүкілресейлік Балық шаруашылығы мен мұхиттану ғылыми-зерттеу институты директоры Кирилл Колочиннің айтуынша, мамандар қасаткаларға радиомаяк орнатқан. Және қазіргі таңда олар жабайы табиғатқа толықтай бейімделіп үлгеріпті.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

Jetisý

7
27.07.2019

АЛАҢ

“Жетісудың” спорт алаңы

ВОЛЕЙБОЛ

Волейболдан еліміздің жеті дүркін жеңімпазы «Жетісу» қыздар клубы жаңа маусымға қызу дайындық үстінде. Алғашқы оқу-жаттығу жиынын Талдықорғанда өткізген волейболшылар қазір Түркияның Белек қаласындағы «Gloria Sports Arena-да» жаттығып жатыр.



ТҮРКИЯДА ЖАТТЫҒЫП ЖАТЫР

Соңғы төрт жыл қатарынан жүлдегер болған (2016, 2018, 2019 – күміс; 2017 – қола) команданың жаңа маусымдағы негізгі мақсаты – чемпион болу. Бұл тұрғыда облыс басшылығы барлық мүмкіндікті жасап отыр. Түрік маманы Бурхан Жанболаттың бапкерлігімен дайындық жүргізіп жатқан команда күзде ел чемпионатын бастайды.

Жаңа бапкердің келуімен команда құрамы да өзгерген. Ұлттық құрама сапында Олимпиада ойындарының іріктеу матчтары мен жағажай волейболынан жаһандық жарыстарға қатысатындарды есепке алмағанда оқу-жаттығу жиынында 13 волейболшы жүр. Оның ішінде клубтың барлық кезеңінен өткен үш бойжеткен – Томирис Сағымбаева, Татьяна Никитина және Юлия Якимова келесі маусымда Ұлттық лигада «Жетісудың» намысын қорғамақ. Сондай-ақ, «Алтайдан» Наталья Акилова, «Алматыдан» келген Ардақ Маратова да командамен бірге дайындық жүргізіп жатыр. Клуб жаңа маусымдағы ойыншыларын тек үшінші оқу-жаттығу жиынынан кейін ғана ресми жариялайды.

Ерлер және қыздар арасындағы Қазақстанның биылғы Суперкубогы қазанда Талдықорғанда өтеді. Биылғы ереже бойынша Суперкубок жеңімпазы Азия клубтық чемпионатында ел намысын қорғайды. Осы тұрғыда командаға сәттілік тілейміз!

Қали АСҚАР

ЖАЙДАРМАН

Ауданда коворкинг орталығы ашылды. Орталық аудандық кітапхана, мәдениет және тілдерді дамыту, ішкі саясат бөлімдері, «Жастарды қолдау қоғамдық қорының» бастамасымен жүзеге асты.

КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Қанат БІРЖАНСАЛ

Ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасарлары Қайрат Омархалық пен Кеңес Қабылбеков, «Нұр Отан» партиясы Кеген аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Алмас Мұқаев, аудандық мәслихаттың хатшысы Нұрбай Советов қатысып, жылы ниеттерін білдірді.

Коворкинг орталығы негізінен жастарға арналған. Оның жұмысымен «Жастарды қолдау қоғамдық қорының» жетекшісі, білімді, белсенді жастардың бірі Бақтияр Бақытқелдіұлы таныстырды. Осылайша, аудан орталығында тағы да бір коворкинг орталығы өз жұмысын бастады.

Кеген ауданы

ТУРИЗМ

МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАДЫ

Тіл сарайында облыстық туризм басқармасы мен Орта Азия университеті бірлесіп, мемлекеттік органдардың және туристік қызмет субъектілері мен объектілерінің өкілдері үшін фасилитация әдісін қолдану арқылы «Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту және шиеленістерді шешу» тақырыбында бизнес-тренинг өтті.

Қажет АНДАС

Жалпы алты күнге жоспарланған шараның алғашқы күнінде құқық қорғау саласының мамандары, екінші күні халыққа қызмет көрсету нысандарында жұмыс атқаратындар туристермен жұмыс істеудің әдіс-тәсілін меңгерді.

Облыстық туризм басқармасының бөлім басшысы Бақытжан Оразбаевтың айтуынша, аталмыш шара ҚР туристік саласын дамытудың 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде қолға алынған.

Өткен жылы аймақтағы туризм саласы мамандарының біліктілігін арттыру бойынша мастер-кластар және кәсіби шеберлікті жетілдіру бойынша курстар Талдықорған, Текелі қалалары мен Үйғыр, Алакөл, Панфилов аудандарында өтіп, 300-ден астам адам қатысқан. Биылғы жарты жылдықта Алакөл ауданы мен Талдықорған қаласында туристерді орналастыру орындарының өкілдерімен мастер-класс өтсе, Орта Азия университетімен бірлесіп гидтерді, экскурсия жетекшілерін дайындау курстары ұйымдастырылған.

Мемлекеттік органдардың және туристік қызмет субъектілері мен объектілері өкілдерін фасилитация әдісі бойынша дайындықтан өткізу алғашқы рет қолға алынып отыр. Сондықтан тренингке қатысушыларға НЛБ тренер, психотерапевт Сағадат Сабитова, медиатор, тренер, лектор Аида Әлжанова шақырылып, дәріс оқыды.

Талдықорған қаласында бастау алған шара алдағы уақытта Үшарал және Жаркент қалаларында жалғасады.

ЕУРОПА ЛИГАСЫ

СЫРТ АЛАҢДА ЖЕҢІС ЖОҚ

Айдар ҚАЛИЕВ

«ОРДАБАСЫ» ТЕҢ ТҮСТІ

Еуропа лигасының екінші іріктеу кезеңінде шымкенттік «Ордабасы» қонақта «Млада Болеславпен» кездесті.

Чехияда өткен ойында алаң иелері бірінші минуттан-ақ шабуылға шығып, басымдықты өз иелігінде ұстады. Олардың бар мақсаты жылдам гол соғу еді. Бірақ, қанша шабуылдаса да Қазақстан ұлттық құрамасының негізгі қақпашысы Дмитрий Непогодов қорғаған қақпадан саңылау таба алмай жатты.

Қуанышымызға орай ала доптың «сен соқпасаң саған соғады» деген қағидасы жүзеге асты ма, «Ордабасы» ойыншылары алғашқы шабуылын сәтті орындап, есеп ашты. Айып соққысын тамаша орындаған жартылай қорғаушы Мирзад Михайлович. Бірақ, Кахабер Цхададзе шәкірттері бұл есепті ұзақ ұстап қала алмады. «Млада Болеслав» командасының ойыншылары жіберілген доптан сабақ алып, шабуылдарын үдетіп, ойынның бірінші бөлігінде-ақ есепті теңестіріп кетті. Алаң иелері сапынан Николай Комличенко мергендігімен танылды.

Ойынның екінші бөлігінде қос команда да жеңістің желкенін көтеру үшін барын салғанымен есеп өзгермеді. Қарымта матчтың тартысқа толы болары анық. Екі команданың келесі ойыны тамыздың бірінші жұлдызында Шымкентте өтеді.

ЕСЕП АШЫЛМАДЫ

Еуропа лигасының екінші іріктеу кезеңі аясында өткен «Санта-Колома» – «Астана» матчы тең аяқталды. Ойын елордалық клубтың басымдығымен өткенімен жерлестеріміз жеңіске жете алмады. Ойын жақсы, жеңіс жоқ.

«ҚАЙРАТТЫ» ҚАПЫ ҚАЛДЫРДЫ

Еуропа лигасының екінші іріктеу кезеңінде «Қайрат» Израильде беэршавалық «Хапоэльден» есе жіберді.

Ойын тартысқа толы болды. Қонақтар алғашқы минуттан қарсыластар қақпасына лап қойды. Соның нәтижесінде алғашқы допты қақпа торына тоғытты. Раде Дугаличтің кателігінен кейін Рамзи Сафури пенальтиден есеп ашты. Алматылықтар да қарап қалған жоқ. Толассыз шабуылдар жасап, соққыны қарша боратты. Бірақ, үздіксіз шабуыл голға ұласпады. Есесіне алаң иелері ойынның 63-ші минутында есепті еселеп кетті. Голдың авторы – Эден Шамир. Кездесудің соңғы минутына дейін «Қайрат» ойыншылары есеп айырмасын қысқартуға тырысты. Бірақ, нәтижесіз. Қос команда арасындағы келесі кездесу 1 тамыз күні Алматыда өтеді. Қарымта ойында Бауыржан Исламхан бастаған жігіттер жанкүйерлерін қуантып, қазақстандық клубты келесі кезеңге шығарады деген үміттеміз.

ҚЫСҚА ХАБАР

ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ

Осы айда облысымыздың спортшылары халықаралық және республикалық додаларға қатысып, ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

Атап айтқанда, Түркияның Стамбул қаласында еркін және әйелдер күресінен ересектер арасында халықаралық турнир өтті. Аталған жарысқа 32 мемлекеттен 150 спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша 70 келі салмақ дәрежесінде Ілияс Жұмай және әйелдер күресінен 55 келі салмақ дәрежесінде Марина Седнева қола медальді жеңіп алды.

Сербияның Суботица шаһарында бокстан жастар арасында халықаралық турнир өтті. Жарысқа 16 мемлекеттен 150 спортшы қатысты. Турнир қорытындысы бойынша 48 келі салмақ дәрежесінде Әнел Құдайберген алтын, 60 келі салмақ дәрежесінде Ұлжанай Мамұтова және 64 келі салмақ дәрежесінде Айдар Мейіржан қола медальді қанжығасына байлады.

Мәскеу қаласында джиу-джитсудан барлық жас арасында Әлем чемпионаты өтті. Жарысқа 47 мемлекеттен 200 спортшы қатысты. Чемпионаттың қорытындысы бойынша ересектер арасында Дамир Садыров 70 келі салмақта және абсолютті салмақта 2 алтын медальді еншіледі.

Атырау қаласында муайтайдан балалар мен жасөспірімдер арасында ел чемпионаты өтті. Аталған жарысқа республиканың облыстары мен қалаларынан 12 командада 200 спортшы қатысты. Облысымыздың намысын қорғаған 25 спортшы 8 алтын, 5 күміс, 4 қола медальді иеленді.

Риддер қаласында гандболдан жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Айтулы додаға 7 командадан 100 спортшы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша облысымыздың командасы тұғырдың үшінші сатысынан көрінді.

Қарағанды қаласында жеңіл атлетикадан үлкен және кіші жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Аталған жарысқа республиканың облыстары мен қалаларынан 12 командада 200 спортшы қатысты. Бұл сында облысымыздан 25 спортшы бақ сынасып, 8 алтын, 5 күміс, 4 қола медальді қанжығалады.

Айсұлу ЧЕЛЕКЕН

ДЕНСАУЛЫҚ

СПОРТТЫ СЕРІК ЕТ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясында «Дене шынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады», – деді.

Спорт – әлем төрінде абыройымызды асқақтататын ұлы өнер. Жалпы, денсаулықты нығайтудың басты жолы – саламатты өмір салты. Осыған орай мектепте болашақ жастарымыздың спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі үйірмелер мен жарыстар ұйымдастыруға тырысамын. Спортпен айналысу әрбір оқушыны жігерлендіріп қана қоймай, денсаулығына да пайдалы болуы керек. Баланың қуанышы мен реніші, жеңіске деген құштарлығы, батылдығы менептілігі спорттық жаттығулар кезінде көрініс табады. Сыныптастарымен, әсіресе, жақындарымен жасаған әрбір жаттығулар мен спорттық ойындар кезінде баланың эмоциялық әсері, белсенділігі артады, ерік-жігері, ойлау қабілеті мен қимыл-қозғалыс әрекеттері ұшталады. Сондықтан оқушыларды ынталандыру үшін әрбір сабағымызды ойын түрінде, топтық сайыс ретінде ұйымдастырамыз. Әрбір балаға үнемі дене жаттығуларын жасауға дағдылану, дұрыс тамақтану қажет. Сонда ғана мықты азамат болады. Дана халқымыз «Шынықсаң шымыр боласың» дейді. Қазіргі жастарға айтарым, саламатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етіңдер!

Сағат ШОПАНОВ,
Топалевка орта мектебінің денешынықтыру пәні мұғалімі
Сарқан ауданы

КӨҢІЛДІ СӨРЕ

Талдықорғандағы №26 орта мектепте Жастар жылы аясында облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменттің әскери қызметкерлері арасында «Әкем, анам және мен» атты спорттық-отбасылық сайыс өтті.

ЖАСТАР ЖЫЛЫНА АРНАЛДЫ

Бұл шара отбасылық ынтымақ, сыйластықты арттыру, әскери-патриоттық тәрбие беру, спортты дамыту бағытында қолға алынды. Әр әскери қызметші отбасы мүшелерімен келіп қатысты. Спорттық киім киген қатысушылар топтарын таныстырды. Эстафеталық сайыста топ мүшелері допты тебу арқылы әрбір кедергілер арасынан өтіп, басқалары жалғастырды. Анасы жіппен секірсе, бала футбол добымен өнер көрсетті. Команда мүшелерінеептілік, жігерлік, күштілік өте қажет болды. Суретті салып, арқанды да тартты. Осылайша, отбасылар арасында өзара мықтыларын анықтады. Жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды Талдықорған қаласы қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқарма қызметкері Тұрлыбаевтар отбасы жеңіп алды. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің әскери қызметшілері Ораловтар және Нұрекеновтер отбасы жүлделі орындарға ие болды.

Данагүл МӘКЕН

МАМАН МІНБЕРІ

Жыл сайын шілде-тамыз айларында «Денсаулық жолы» атты денсаулық акциясы өткізіледі. Шараның мақсаты салауатты өмір салтын насихаттау арқылы тұрғындардың денсаулығын сақтау және нығайту болып табылады. Биылғы жылы негізгі акцент құрамында тұз, қант, май (май, трансмай) жоғары деңгейде кездесетін тағамдарды тұтынуды шектеудің маңыздылығы жөнінде ақпараттылық деңгейін жоғарылатуға, дененің артық салмағы, семіздік қаупін төмендету мен жұқпалы емес ауруларды алдын алу үшін тұрғындарды салауатты өмір салтының негіздеріне үйретуге беріледі.

САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ — ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ!

Негізгі міндет – дұрыс тамақтанудың негіздері мен әдеттеріне дағдыландыру, түрлі кешенді шаралар арқылы денсаулық үшін тұз, қант, майдың жоғары құрамы бар өнімдердің зияны туралы халықтың хабардар болуын арттыру болып табылады.

Салауатты тамақтанудың қағидалары:

– ас мәзірі әртүрлі, бірақ жоғары калориялы емес болуы керек, ең алдымен өсімдік текгес өнімдерге артықшылық жасалуы керек;

– нан, жарма және макарон өнімдерін, күріш, бұршақты күнделікті қолдану керек;

– әртүрлі көкөністер мен жемістерді күніне бірнеше рет (400 грамнан астам) пайдалану керек. Жергілікті өндіріс өнімдерін пайдалану қажет;

– дене салмағы ұсынылған шекараларға сәйкес болуы керек. (дене салмағының индексі 18,5 – 25 шегінде. Кетле формуласы бойынша есептеледі: ДСИ=М (кг): Н*2 (м), мұндағы М – салмақ, Н – бойы). Дене белсенділігінің қалыпты деңгейін ұстану керек;

– құрамында майы мен тұзы төмен сүт және сүт өнімдері (айран, қышқыл сүт, ірімшік, йогурт) күнделікті рационда болуы қажет;

– құрамында майы жоғары ет және ет өнімдерін бұршаққа, балық немесе құс етіне, жұмыртқаға немесе майсыз ет сорттарына ауыстыру керек. Ет, балық немесе құс порциялары аз болуы тиіс;

– қантты тұтынуды шектеу: тәттілер, кондитерлік өнімдер, десерттер және тәтті газдалған сусындар;

– тағам өнімдерінде болатын тұзды ескере отырып, тұзды жалпы тұтыну күніне бір кішкентай қасықтан (5 грамм) аспауы тиіс. Йодталған тұзды пайдалану ұсынылады.

А. КУАНДЫКОВА,
«Алматы облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының орталығы» директорының орынбасары

ЗДОРОВЬЕ

ПООЩРЯЙТЕ ГРУДНОЕ ВСКАРМЛИВАНИЕ!

Природа одаряет младенца неоценимым материнским молоком как только новорожденный появляется на свет. От материнского молока младенец получает все необходимое для своего роста и развития. В первые дни после родов появляется молозиво.

Молозиво – высококалорийное желтоватого цвета, густое, богатое белками, витаминами, микроэлементами, ферментами, биологически активными веществами жидкость.

Молозиво дает защиту младенцу от различных заболеваний. В составе молозива имеются факторы обеспечивающие функции кишечника, ферменты для переваривания пищи. Благодаря бифидус-фактору, которая содержится в молозиве формируется микрофлора кишечника.

Состав материнского молока

Вода – в составе молока ее около 85-90%. В жаркую погоду она утоляет жажду, поэтому младенцу на грудном вскармливании нет особой необходимости давать воду или чай.

Белки – удельный вес 1%. Основные белки лактоальбумины и казеин. Основные источники для развития клеток головного мозга. Белки материнского молока легко усвояемы и удобно перевариваемые.

Жиры – удельный вес в грудном молоке 2-4,5%. В материнском молоке имеются эссенциальные жирные кислоты, которых нет ни у одного из млекопитающихся.

Углеводы – примерно 7%. Источник энергии и улучшает вкус материнского молока. Основной углевод – лактоза. Лактоза повышает количество бифидобактерий и повышает эффективность их в желудочно-кишечном тракте. Способствует распаду железа и кальция.

Особенности грудного вскармливания:

• в составе грудного молока есть все вещества для роста и развития младенца;

• грудное молоко легко усваивается;

• в грудном молоке есть иммунные клетки, которые первые месяцы жизни защищают младенца от заболеваний;

• грудное молоко стерильное;

• молоко в оптимальной температуре;

• бесплатно;

• не вызывает аллергии;


• при грудном вскармливании создается невидимая связующая нить, устанавливается неограниченная любовь между матерью и ребенком, они чувствуют себя в надежной защите.

А. СМАЙЛОВА,
специалист ТОО «Алматинский областной центр проблем формирования здорового образа жизни»

ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫ

«Іле-Балқаш» өңірінде құстардың түрлері өте көп. Сұңқылдақ аққу, көккұтан, аққұтан, бақұлдақ құтан, саз құлданы, қасқалдақ, мұртты шымшық, бұйра бірқазан, қарабай, қызыл бас және тағы басқа. Өкінішке қарай, өңірдегі кейбір құс түрлерінің жойылып кету қаупі тұр.

ҚҰСТАРДЫ САҚТАЙЫҚ



Әрине, мұндай келеңсіз жағдайлар құстардың мезгілсіз ауланауы, қақпанға түсуі, ауға ілініп қалуы, әсіресе, өрттің салдарынан қамыстағы құс ұяларының өртеніп кетуі сияқты әртүрлі факторлар әсерінен болады. «Іле-Балқаш» өңіріндегі құстардың 38 түрі Қызыл кітапқа кірген. Қызғылт бірқазан, бұйра бірқазан, қарабай, сұңқылдақ аққу, ақбас үйрек, дала қыраны, қарақұс, ителгі, лашын, дуадақ, қарабауыр бұлдырық, көккарға, үкі, қоңыр кептер, сексуіл жорғаторғайы секілді құстардың түрлері ерекше қорғауға алынған. Құстарды қорғау, өсіру, баптау – әр адамзат баласының парызы, болашақ ұрпаққа аманаттау – борышымыз. Осыған орай Қарой елді мекеніндегі «Үлгілі» орта мектебінің оқушылары жыл сайын құстар жайлы түрлі тақырыпта слайд көрсетеді, дәріс оқылады. Мектептегі «Жас табиғат жанашырлары» клубының мүшелері өздерінің құстарға деген қамқорлығын білдіру мақсатында мектеп ауласындағы ағаштарға құс ұясын іледі. Дана халқымыз «Табиғат – тал бесігің» деп текке айтпаса керек. Сондықтан табиғатты аялайық, құстарды қорғайық.

С. ӘБІЛОВ,
«Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерватының экскурсия нұсқаушысы
Балқаш ауданы

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 117
(18681)
Сенбі,
12 қазан,
2019 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@#Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ – 125



Суреттерді түсірген А. ҚАЖЕКЕЕВ.



АҚЫН ТОЙЫ АҚСУДАН БАСТАЛДЫ

Жетісу жерінде қазақтың үш бәйтерегінің бірі, Алаш арысы, еліміздің тұңғыш кәсіби журналисі Ілияс ЖАНСҮГІРОВТІҢ 125 жылдық мерейтойы басталды. Дүбірлі шараға алыс-жақын өңірден көрнекті ғалымдар, жазушылар, журналистер, түрлі саладағы қоғам қайраткерлері мен ақындар шақырылып, ұлтым деген ұлы тұлғаның еңселі ескерткішінің ашылу салтанатына куә болды. Әдебиеттің барлық жанрында қалам тербеген қайраткердің тойына Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВ арнайы қатысып, ақ тілегін ақтарды.

Гүлжан ТҰРСЫН

Әдебиет пен мәдениет тоғысқан торқалы тойды белгілі журналист Нұртілеу Иманғалиұлы жүргізді. Алдымен ол Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың Алаш арысының мерейтойына арнаған құттықтау хатын оқып берді. Онда Қырымбек Елеуұлы Ақсуда туып, барша қазақ еліне қызмет еткен Ілияс Жансүгіровтің тойына құтты болсын айтып, әдеби мұраларын әлі де зерттеу қажеттігін жеткізген. Сондай-ақ, тойдың тағылымды өтуіне шын жүректен тілектестік танытқан.

Орталық алаңнан орын тепкен Ілиястың асқақ мүсіні алыстан меңмұндалайды. Ескерткіштің лентасын Жақсылық Үшкемпіров, Науарыз Қылышбаев, Марат Бопазов және Молдияр Нұрбаев бастаған игі жақсылар қиды. Облыс басшысы осынау игі шараға мұрындық болған, демеушілік танытқан жомарт жүрек азамат, меценат, Газ шаруашылығы қауымдастығының төрағасы Молдияр Нұрбаевқа және ескерткіштің авторы, республикамызға танымал мүсінші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі Қазбек Дулатовқа арнайы алғысын айтып, барша қазақстандықтарды ұлы тұлғаның мерейтойымен құттықтады.

– Бүгін туған жерінің төрінде ақынға арналып еңселі ескерткіш орнатылып отыр. Бұл – елінің тарлан талантқа деген құрметі, ерен ерге деген тағзымы деп біледі. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Қазақтың Абайдан кейінгі заманындағы аса дарынды ақыны Ілияс Жансүгіров. Ілияс поэзиясы – ойға қанат, сезімге нәр беретін, ешқашан ескірмейтін мәңгі жас поэзия», – деп баға берген еді. Жетісу топырағында туған қайраткер-тұлға қазақ әдебиетінің барлық жанрына елеулі еңбек сіңірді, – деген Амандық Ғаббасұлы Қазақстан Жазушылар одағының тұңғыш төрағасы болған дарынды ақынның таңдаулы шығармаларына тоқталды. Оның қаламынан туған әр шығармадан ат дүбірі, дала жыры, қобыз үні, домбыра күмбірі естіліп тұратынын жеткізді. Аймақ басшысы сөзінің соңында Ілиястан қалған даналық ізі, ұлылық биігі – ұрпақтың бойына қуат, ойына нәр беретін баға жетпес байлық екенін әңгімелеп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тың бастамалар қолға алынғанын, нәтижесінде, осындай игі істер еліміздің мәдени саласына серпіліс сыйлағанын тілге тиек етті. Осы орайда Амандық Ғаббасұлы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ары қарай жандандырып, туған жерінің гүлденуіне тер төге қызмет еткен өңірдің кәсіпкер азаматтарына жекелей алғыс айтты. Дүбірлі тойдың тағы бір салтанатты сәті Құлагер ақынның шығармашылығы мен өміріне арналған кітаптың тұсаукесері болды.

Ұлы тойға тілек білдіріп, жанжақтан ізгі ниеттерін жаудырған халықта есеп жоқ. Солардың қатарында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров та үн қосып, Жетісу жеріндегі дүбірлі тойға мегаполис басшысының атынан ыстық сәлемін жеткізді. Құттықтау хатында ол Құлагер ақынның қазақ әдебиетінің дамуына мол үлес қосқанын айта келіп, Ұлы Даланың әр аймағында туса да, үш бәйтерек – Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің рухани үндестікте, шығармашылық байланыста жұмыс істегеніне кеңінен тоқталған. Сонымен бірге, Бейімбет Майлинге бір ауданның аты берілгенін атап өткен. Алты Алаш бас қосқан тойда Бейімбет Майлиннің ұрпағы Дәмен Сейітжанова да сөз сөйлеп, ізгі тілегін ақтарды.

Арқада Сәкен мен Бейімбетке арналған әдеби шаралармен өрнектелген той Жетісуда Ілиястың дүбірлі мерекесімен жалғасын тапты. Талай қиындыққа табандылық танытып, ұлт мүддесі жолында жанкешті еңбек еткен Ілиястың өмірі сан қилы. Қуғын-сүргін, таптық тартыс ортасында жүріп, қаламымен теріс пиғылдылардың бәріне қарымта қайтарған тұлға кеңестік жүйенің құрбанына айналды. Ақсу жеріндегі тойы ары қарай ақын өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін «Құлагер» қойылымымен өрнектелді. Сахналық туындыны тамашалаған көрермен көзіне жас алып, Ілиястың ұлт үшін атқарған ерен еңбегімен танысты. Түскі мезгілде Құлагер ақынға арналып Құран оқылып, ас берілді. Ал түс ауа мәдени шара ұлттық ойын – көкпармен жалғасып, кешқұрым «Дала дастаны» спектаклі қойылды.

Ақсу ауданы

ҚАРАСАЙ АУДАНЫНА – 90 ЖЫЛ

ТОҚСАН БЕЛГЕ ТОҒЫСЫНДА



Суретті түсірген Ерлан ӘЛИАСҚАРОВ

Ауданның 90 жылдық мерейтойы Қаскелең қаласында сән-салтанатымен атап өтілді. Шара аудан орталығындағы Мәдениет үйінде «Қарасай батыр – Ұлы даланың тарихи тұлғасы» атты ғылыми-практикалық конференциядан бастау алды. Алқалы жиынды Т. Жүргенов атындағы өнер академиясының ректоры Ақан Әбдуәлиев ашып, жүргізіп отырды.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Мерекеге жиналған жұртшылықты алдымен облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов құттықтап, Қарасай батырдың ерлік істерін жас ұрпаққа насихаттаудың тағылымы мен ауданның тәуелсіздік жылдары қол жеткізген табыстарын баяндады. Ал, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Берекет Кәрібаев батыр бабаның өмір сүрген кезеңіндегі тарихи оқиғалар, хандық құрылымның қоғамдағы қызметін тарихи деректерге сүйене отырып жеткізді. Өз кезегінде «Бәйдібек баба» республикалық қорының президенті Нағашыбек Қапалбекұлы Арқаның Айыртау ауданындағы Қарасай батырдың мүрдесін табу, шапырашты Қарасай мен арғын Ағынтай батырлардың басына күмбез орнату жұмыстары турасында тағылымды әңгіме өрбітті.

Ауданның 90 жылдық мерейтойына арнайы келген Қарасай мен Ағынтай батыр кесенесінің шырақшысы Сәмеддин Омаров қос батырдың мәңгілік тұрақ тапқан жерін анықтау барысындағы қызықты оқиғаларды айтып, бүгіндері алты Алаштың баласы аруағына тәу етіп баратын орынға айналғанын айтты. Осыдан кейін мінбеге көтерілген аудан әкімі Жандарбек Далабаев мазмұнды баяндамалар жасаған ғалымдарға жұртшылық атынан алғысын жеткізіп, мерейтойға жиналған қауымды ауданның 90 жылдық тойымен құттықтады.

Ғылыми-практикалық конференция барысында «Қарасай – қасиетті атамекен» кітабының тұсауы кесіліп, өлкенің өткені мен бүгінгі тарихын толығымен қамтитын толымды қазына қалың оқырманға жол тартты. Ал, алқалы басқосу Жастар театры сомдаған «Қарасай батыр» спектаклімен қорытындыланып, мерейтой еліміздің әр түкпірінен жиналған, көршілес республикалардан келген ақындар айтысына ұласты.

Айтыс десе делебесі қозатын халық емеспіз бе?! Әлемде бағзы заманнан бастау алатын импровизаторлық өнерді қастерлеп, жаңа заманның талабына сай тың биіктерге көтерген ақындарымыз бұл жолы да көрермен қауымның құлақ құрышын қандырды. Уақыттың тарлығына қарамастан қайсыбір жұптарды сахнадан түсірмей қойған жұртшылықтың ықыласы осыны көрсетеді. Десе де жарыс болғаннан кейін бірі бәйге алатыны түсінікті.

Осылайша, Мұрадым Мирланов, Қуаныш Шарманов, Талғат Орынбеков, Жалғас Садыр, Аяулым Жұмабекқызы, Сырым Әуезхан ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Үшінші орынды көршілес қырғыз елінен келген Эламан Келдібеков пен Балғынбек Имашов иеленсе, екінші орын Жандарбек Бұлғақовқа бұйырды. Айтыстың ақтаңгері Бекарыс Шойбеков бірінші орынды қанжығасына байласа, бас жүлдені Алтынкүл Қасымбекова жеңіп алды.

Мерейтойдың екінші күні Қарасай батырдың еңселі ескерткішін ашудан басталды. Еңселі ескерткіш алыстан көзді арбайды. Жоба авторы Нұркен Дәукенов сомдаған батыр баба мүсіні тас тұғырымен қоса есептегенде 11 метр биіктікке ұмсынып тұр. Ашылу салтанатында алғашқы болып сөз алған облыс әкімі Амандық Баталов ең алдымен қарасайлықтарды мерейлі мерекемен құттықтап:

Соңы 2-бетте.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

КЕМШІЛІКТЕР САРАПТАЛДЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен сәулет және құрылыс саласына қатысты келелі кеңес өтті. Онда екі мәселе қаралды. Алдымен Елбасының бастамасымен қолға алынған «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының 32, 42-қадамдарында көрсетілген тапсырмалардың орындалу барысы талқыланып, кемшіліктер мен жетістіктер сарапталса, екінші мәселеде жер телімдерін заң талаптары бойынша жоспарлау тапсырмасының орындалу барысы сөз болды.

Қажет АНДАС

Жиналыста негізгі баяндаманы облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы Дәркен Нұржанов жасап, жоғарыда аталған екі қадам бойынша тапсырылған міндеттердің орындалуы мен орын алған кемшіліктерді айтып өтсе, аудан-қаладан келген басшылар мәселенің туындау себебін түсіндірді.

Дәркен Нұржанұлының айтуынша, аталған қадамдар бойынша әлі де жұмысын жүйелей алмай, тапсырылған міндетті толық орындамай отырған аудандардың қатары көп. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, 32-қадамдағы тапсырмалар Алакөл ауданында толық жүзеге асырылмаған. Алайда жиналыста сөз алған Алакөл ауданынан келгендер оның себебін маман жетіспеушілігінен туындап отыр деп ақталды. Тіпті, кейбір аудандардың көрсеткен цифрымен Лаззат Махатұлының алдындағы цифр сәйкес келмей жатқаны да байқалып қалды. Бірақ Қапшағай және Текелі қалаларының көрсеткіші көңіл қуантады. Десек те, аталған екі қадамда көрсетілген тапсырмалар бірде-бір аудан-қалада 100 пайыз толық аяқталмаған.

Аудан-қала әкімдіктерінен келген өкілдердің есебін жалықпай тыңдап шыққан Лаззат Махатұлы біріне ескерту берсе, енді бірінің жұмыс істеу тәсіліне нұсқау көрсетті, тағы біреулерін мақтады да. Соңында барлық аудан-қала басшыларына тапсырылған міндетті 15 қазанға дейін толығымен орындауды қатаң ескертті. Осыдан кейін екінші мәселе жайлы сөз болып, ондағы жетістіктер мен кемшіліктер сараптады.

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА

2019 жылдың 15 қазанында Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің отырысы өтеді.

Күн тәртібінде:

1. «Алматы облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-нің облыстың әлеуметтік сала, жеке тұрғын үй секторы және елді мекендерін газдандыру нысандарын жылыту маусымына дайындау бойынша жұмысы туралы есебі.

2. Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 3 наурыздағы «Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы» №110 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.

3. Алматы облысы әкімдігінің «Облыс әкімдігінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» № 584 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.

4. Алматы облысы әкімдігінің «Микроқаржы ұйымдарының операциялық шығыстарын субсидиялау» және «Микро-кредиттерге кепілдік беру бойынша комиссия» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.

Басталу уақыты – 15.00, өткізілетін орны – Талдықорған қаласы, І. Жансүгіров көшесі, № 36 «Б» (Тіл сарайы).

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 121
(18685)
Сенбі,
26 қазан,
2019 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz @#Jetisugazeti Jetisu2002@mail.ru

БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

ЕЛ ТІЛЕГІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Облысымызға іссапармен келген ҚР Президентінің көмекшісі, ҚР Президенті Әкімшілігінің өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі Аида БАЛАЕВА зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, өтініш-ұсыныстарын тыңдады. Салтанат сарайында өткен «дөңгелек үстел» отырысын облыс әкімінің орынбасары Батыржан БАЙЖҰМАНОВ жүргізді.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
Мәди АЛЖАНБАЙ

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Елордадан келген құрметті мейман алғашқы сөзін: «Көпшілікті мазалап жүрген өзекті мәселелерді, қоғамда орын алып жатқан кейбір жайттарды талқылау үшін өздеріңізбен кездесіп отырмын. Бізге түсетін арыз-шағымдардың негізгі дені сот шешімдеріне көңіл толмастық, баспана мәселелеріне қатысты. Сіздердің қандай ұсыныс-тілектеріңіз бар?» – деп сұрақ қоюдан бастады.

Алғашқы болып сөз алған Алматы облысының Құрметті азаматы Наурыз Қылышбаев азаматтардың өтініш-тілектері қараусыз қалмаса, билік өкілдері дер кезінде жауап беріп, нақты нәтиже шығарса деген ұсынысын жеткізді. Ал облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін:

– Қазір билікке деген халықтың сенімі артуда. Билік халықтың сөзін естіп жатыр. Атап айтар болсақ, көпбалалы аналардың мәселелері шешілуде. Көптеген адамның несиелері кешірілді. Мұның өзі халыққа үлкен көмек. Жемқорлықпен күрес те күшейе түсті. Құқық қорғау органдарында да реформалар орын алмақ. Барлық істе жаңа, оңды бетбұрыстар байқалуда, соған қуанамыз, – деді.

ҚР Халық әртісі Алмахан Кенжебекова болса халықтың денсаулығына жауапты медицина қызметкерлеріне барынша жағдай жасау қажеттігін алға тартты. Медициналық университетте оқу ақысының қымбатқа түсетінін айтқан ол осы саланы таңдаған жастарды тегін оқыту жайын қарастыруды ұсынды.

Облыстық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Райхан Сергазинова Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлердің қатары бүгінде сиреп қалғандығына тоқталып, олардың ізін басып келе жатқан Ауған соғысы ардагерлері мен Чернобыль апатынан зардап шеккендерге осы ретте құрмет көрсету заң жүзінде бекітіліп берілсе деген ізгі тілегін ортаға салды.

Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының әртісі Сағындық Жұмаділ театр қызметкерлерін толғандырып жүрген мәселені алға тартты.

– Бұрын халық мойындаған әнші, аспапшы, әртістерге «Қазақстанның Халық әртісі», «ҚР еңбек сіңірген әртісі» дейтін атақтар берілетін. Бірақ соңғы жылдары бұл атақтар берілмей келеді. Оның орнына баршаға ортақ «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген атақ берілуде. Әртістерге сол бұрынғы атақты қайтарса, әркім өзіне лайықтыны арқалап жүрсе жарасымды болады, – деді.

Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Қуат Баймырзаев облысымыздың ең үздік түлектері Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларына оқуға түсетінін, үлкен қалада жатақхана қиындығын кешетінін жеткізіп, жастарды облысымыздың іргелі оқу ошағында білім алуға, осында тұрақтап қалуға мүмкіндік жасау үшін гранттың көп бөлігі облыстық деңгейдегі университеттерге бөлінсе деген пікірін ортаға салды.

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының директоры, сазгер, дирижер Әли Алпысбаев өнер ордаларында қызмет ететін биші, үрмелі аспапшылардың 40 жастан зейнетке шығуы қажеттігін алға тартып, бұл заң жүзінде бекітілсе деген ұсынысын жеткізді.

Алматы облысының Құрметті азаматы, актер Әлімғазы Райымбеков ас атасы – нан екендігін айта келіп, халқымыздың тұрмысы түзу болсын десек, нанды қымбаттатпау қажеттігіне тоқталды.

Облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалим Идигов тіл мәселесін көтерді.

– Халықты біріктіретін күш – тіл. Ортақ тілде сөйлемей, Қазақстандағы 18 миллион халық әр жаққа тартсақ, жағдайымыз қалай болмақ? Бір тілде сөйлесек, бір-бірімізге жақын боламыз, бір-бірімізді бауыр тұтамыз. Сондықтан, баршамызға ортақ мемлекеттік тіл – қазақ тілінде барлығымыз бір кісідей сөйлейтін уақыт жетті, – деді.

Әр айтылған ұсыныс-пікірді ден қойып, тыңдап отырған Аида Ғалымқызы сөзінің соңында мұның бәрін тиісті орынға жеткізетінін айтып, мына мәселелерге назар аудару қажеттігін алға тартты.

– Ең басты мәселе – білім сапасын арттыру мен мәдениетті дамыту. Мәдениетті адам біреудің алқымынан алып, жаға жыртыспайды. Білім саласына ұлттық педагогиканы енгізуіміз керек. Балаларды мамандыққа баулуды мектептен емес, балабақшадан бастауға тиіспіз. Ата-аналар баланың ішкі жан дүниесіне үңіліп, оның не қалайтынын, сыныптастарымен қандай қарым-қатынаста екенін біліп, тұлға ретінде дамуына да атсалысуы керек.

Көпшіліктің көзқарасына да игі ықпал еткеніміз абзал. Ең басты құндылық – тәуелсіздік екенін ұмытпауымыз қажет. Тәуелсіздіктің арқасында жақсы өмірге қол жеткіздік, зәулім ғимараттар салдық. Мұнда Елбасының ерен еңбегі жатыр. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары халыққа қалай жалақы, зейнетақы, жарық, жылу береміз деген мәселені талқыласақ, қазір дамыған отыз елдің қатарына қайтсек кіреміз деген әлемдік маңызы бар мәселені алға тартамыз. Бұл не үшін қажет дейтіндер де бар. Егер алдымызға мақсат-міндет қоймасақ, нәтижеге де жетпейміз. Сондықтан алдымызға мақсат қойып, соған жете білейік, – деді Президент көмекшісі.

«Дөңгелек үстел» отырысын қорытындылаған Батыржан Құлаймергенұлы Аида Ғалымқызына мәнді де мағыналы кездесу үшін алғысын жеткізді.

Бұдан соң Аида Балаева Талдықорған көпсалалы ауруханасында болып, медицина саласындағы жетістіктермен танысып, ақ желеңді жандармен келелі әңгіме-дүкен құрып, ұсыныс-тілектеріне құлақ асты.

ЗАҢ АЯСЫНДА ШЕШІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың көмекшісі, Президент Әкімшілігінің өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі Аида Балаева «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында қоғамдық қабылдау өткізіп, жүзден астам тұрғынды толғандырған мәселелерді тыңдады.

Айтылған пікірлердің арасында бір отбасыдан бастап, күллі жұртшылықты алаңдатқан өзекті мәселелер бар. Әсіресе, ауыл тұрғындары республикалық, облыстық деңгейдегі автожолдың бойында кісі өлімінің жиі орын алатынына алаңдайтынын, қоршаған ортаны ластаған кәсіпорындардың бейқамдығына наразы екендігін жасырып қала алмады.

Қоғамдық қабылдау кезінде тұрғындар аудан орталықтарындағы кей көшелердің асфальтталмағаны, зейнеткерлерді емдеудің жолдарын жүйелендіру керектігін, кәріз жүйелерінен шыққан жағымсыз иістің көршілерді мазалайтынын, жүгері өсірушілерге берілетін субсидияның тек өнім алған соң ғана тиетінін, ауылшаруашылық техникасын лизингпен алудың тиімсіздігін, Қапшағайда салынған жаңа зауыттың ашылмай тұрғанын, КСРО кезінде жинақ кітапшасында жинақталған сомалардың қайтарылмай қалғанын, қылмыстық істі тергеуді қолға алған тергеушілердің жиі ауысатынын, сол арқылы шағымданушы арызының аяқсыз қалатынын, жұмыссыздықтың статистикалық көрсеткіші нақты деректермен сәйкеспейтінін, мүгедек балалардың білім алуына берілетін көмектер мен мүмкіндіктердің жүйеленбегенін айтқан тұрғындардың сөзіне байланысты жауапты мамандарды орнынан тұрғызған Аида Ғалымқызы өтініштердің ҚР Президент әкімшілігіне жеткізетінін атап өтті.

– Осы айтылған тілектеріңіз бен талаптарыңыз протоколға кіргізіліп жатыр. Соған байланысты барлық мәселелерді қажетті деңгейде қарастыратын салалардың басшыларына жеткіземін. Сол арқылы барлық мәселе заң аясында шешіледі деп сенемін, – деген Аида Балаева әрбір тұрғынға лайықты жауап беріп, мәселені шешу жолдарын ұғындырып отырды. – Кез келген мәселенің дұрыс шешіліп, тұрғындар үшін тиімді қалыптасуы үшін мемлекеттік билік пен қоғамдық ұйымдар бірлескенде ғана жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Ол үшін кемшін түсіп, олқы соғып жатқан мәселелерді ашып жеткізу – баршаның басты міндеті. Яғни, әрбір тұрғын мемлекеттің дұрыс дамуына жариялылықпен, ашықтықпен үлес қоса алады. Елімізде осы бағыттағы шаралар қолға алынып, әрбір өңірде Қоғамдық кеңестердің жұмысы жандануде. Ең бастысы, билік пен қоғамдық ұйымдар бірлесе, кеңесе қадам басқанда ғана жақсы нәтижеге қол жеткізетінін ұмытпауымыз керек. Менің бүгінгі сапарым да осыған негізделген.

Таңнан кешке дейін жалғасқан қоғамдық қабылдауда барлығы 106 адам ҚР Президентінің көмекшісінен қолдау тауып, көтерген мәселесінің жауабын алып қайтты. Дегенмен, айтылған пікірлердің басым бөлігі тұрғын үймен қамтамасыз етуге көмек сұраудан тұрды. Ондай сауалдарға заң шеңберінде жауап берген Аида Балаева үйдің кезегі сақталатынын жеткізді.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен өткен селекторлық отырыста 2015 – 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы сөз болып, 2020 – 2025 жылдарға арналған жобасы қаралды. Отырыста ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт АТАМҚҰЛОВ баяндама жасап, осыған дейінгі жеткен жетістіктерді таныстырды.

Алдағы міндет айқындалды

Қажет АНДАС

Оның айтуынша, аталған мемлекеттік бағдарлама қабылданған бес жылдың аралығында елімізде қыруар жұмыс атқарылып, толайым табыстарға қол жеткіздік. Атап айтсақ, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында соңғы бес жылда көлік саласы дамып, транзиттен түсетін кіріс пен авиа жолаушылар саны артып, республикалық маңызы бар автомобиль жолдары салынып, реконструкцияланған. Сол қатарда облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары да жөнделді. Жаңа теміржол пайдалануға беріліп, Орал, Петропавл, Алматы, Семей, Қостанай, Балқаш әуежайларындағы ұшу-қону жолағы жаңғыртылды.

Осы ретте аймағымыздың да алда келе жатқанын атай кеткен жөн. Соңғы бес жылда облыстан өтетін Батыс Қытай – Батыс Еуропа магистралі аяқталып, бүгінде көлік қатынасын жеңілдетті. Ал Алматы – Талдықорған бағытындағы жол жүргіншілердің көңілінен шықты. Талдықорған әуежайы жаңғыртудан өтсе, Алакөл ауданының орталығы – Үшаралдағы әуежайдан Алматы, Нұр-Сұлтан, Талдықорған бағытына рейстер ұша бастады.

Елге игілігі мол, жұрттың әлеуметтік жағдайын жақсартуға септігі тиген «Нұрлы жол» бағдарламасы 2025 жылға дейін жалғасады. Премьер-Министрдің айтуынша, Мемлекеттік бағдарламаның алдағы бес жылдағы қаржыландыру көлемі 6,598 трлн. теңгені құрайды. Сол қаржы есебімен автожол инфрақұрылымын дамыту аясында республикалық желінің 10 мың шақырым жолын жаңғырту және 11 мың шақырымын жөндеу, 27 мың шақырым жергілікті желі жолын жөндеу жоспарланған. Теміржол саласын өркендету, шағын әуе желілерін дамыту мақсатында 16 әуежай салу ісі де бар. Осы жұмыстар нәтижелі болса, 551 мың жұмыс орны ашылып, көлік саласының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 3,4 трлн. теңгеге дейін өседі. Теміржол тасымалының көлемі 26,9 млн. тоннаға жетіп, жүк көлігімен жылына 3 млн. тоннаға дейін жүк тасымалданатын болады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Шекарадағы «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы шын мәнінде халықаралық ынтымақтастық алаңына айналды. Бұған дейін арнайы экономикалық аймаққа көрші Ресей Федерациясынан, Қырғызстан мен Өзбекстаннан, тағы басқа елдерден ресми тұлғалар арнайы келіп, өздерінің сауда-саттық орталықтары мен өндіріс орындарын салуға келісім жасап кеткен болатын.

Беларусь павильоны ашылды

Солардың қатарында Беларуссиядан да ресми қонақтар келді. Беларусь Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Александр Турчин өз елінің сауда павильонын салтанатты жағдайда ашты. Ынтымақтас ел Үкіметінің басшысы бұл сапарында Қазақстанның Қытаймен шекарасындағы көлік-логистикалық кешенінің дамуы мен сауда ынтымақтастығын іске асыру барысымен танысуды мақсат етті. Құрметті қонақ «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» ауқымды жобасының бір бөлігі «Нұр жолы» өткізу бекетінің жұмысымен танысып, облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВПЕН** бірге «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА және «Қорғас» ШЫХО аумағын аралады.

Айта кетейік, «Нұр жолы» өткізу бекеті өткен жылы қолданысқа берілген.

Нысан қуаттылығы күніне 2500 жүк көлігін өткізе алады. 25 гектар аумақтағы кеденде көліктің екі тарапқа қауіпсіз кіріп-шығуын бақылайтын 8 жолақ орналасқан. Ол тиісінше мұндағы кептелісті жойып, жылдам қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Кеден жұмысы туралы «Нұр жолы» өткізу бекеті басшысының уақытша міндетін атқарушы Тұрсынбек Ермеков баяндады. Халықаралық өткел қызметкерлері жаңа кеден пункті пайдалануға берілген бір жылға жуық уақытта 40 мыңнан аса жүк көлігін және 16 мыңнан аса жолаушы тасымалдаған автобустарды рәсімдеп, сол қызметтен ел қоржынына 27 миллиардтан аса қаржы әкелген.

Әңгіме барысында қонақтар кеден қызметкерлері мен компания басшысынан өткелдің көлік өткізу мүмкіндігін еселей түсетін басқа инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы жайында сұрап білді. Бұдан соң «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА табан тіреп, мұндағы «Құрғақ порт» айлағының жұмысын көрді. «Құрғақ порт» жұмысын құрметті қонаққа кәсіпорын басшысы Ибрагим Маныбаев таныстырды. Сол қатарда «Құрғақ портқа» іргелес жатқан логистикалық аймаққа да бас сұқты. Осы жерде аймақта жүзеге асырылған басқа да жобалар таныстырылды. Ауқымды жобаның бірі аумағы 11, 4 гектарды алып жатқан «А» класты жүк сақтайтын қойма. Яғни, көрші елден келген немесе өзімізде өндірілген тауарлар осында сақталып, қажетті бағытқа жөнелтіледі. Шетел инвесторларымен бірлесе іске асырылып жатқан аталмыш жоба жуырда пайдалануға берілмек. Сонымен қатар, жүгері, басқа да дақыл өнімдерін өңдеумен айналысатын «Заря ЛТД», «Феникс фид миллс» кәсіпорындарының қызметі де қонақтарды қызықтырды.

Қолданысқа берілген өндіріс орындары астық қабылдап, тазалауға, кептіруге, сақтап, сатуға арналған. Бұл кәсіпорындардың жалпы қуаттылығы жылына 100 мың тонна дән қабылдай алады. Биыл шекаралы аймаққа келушілердің саны жылдағыдан арта түспек. Оған арнайы экономикалық өңірде қолға алынған 5 ірі жоба негіз болмақ. Сол қатарда сауда кешендері, әлемдік стандартқа сай цирк, қонақүй, емдеу орталығы сынды халыққа қажетті нысандар бой көтермек. Орталықтағы жаңашылдық бұл ғана емес. Қазір мұнда 6 жүк өткізу терезесі мен арнайы күту залы ашылған. Бұл туристер мен сауда-саттық жасайтын адамдарға қолайлы жеңілдік жасайды.

Сапар барысында қонақтар «Қорғас» ШЫХО біздің ел инвесторлары пайдалануға берген бірнеше сауда орындарын аралап көрді. Жалпы құны 1 млрд. 700 мың теңге болатын «Қазлюмер» сауда орталығынан туристер отандық өнімдердің небір түрін табады. Қос қабатты нысанда қазірдің өзінде 40-тан аса дүңгіршек жұмыс істейді. Қонақтар орталықтың әкімшілік кеңсесі алдындағы алаңға қарағай көшеттерін екті. Сапар соңында қонақтар қазақ елі шекарасындағы аталмыш орталықта сауда павильонын ашу рәсімін жасады.

Салтанатты сәтте алдымен Александр Турчин сөз сөйлеп, Қазақстан мен Беларусь мемлекеттері арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың нығая түскенін баяндады. Сонымен қатар, «Қорғас» ШЫХО Беларусь сауда павильонының ашылу рәсімі Беларусь Республикасы Президенті Александр Лукашенконың Қазақстанға ресми сапары алдында жүзеге асқалы тұрғанын ынтымақтастық пен өзара достықтың бір көрінісі деп бағалады.

Өз кезегінде Амандық Ғаббасұлы Беларусь мемлекетімен байланыс басқа бағыттарда да кеңінен дамып келе жатқандығы жөнінде әңгімеледі. Әсіресе, Беларуссияның ауылшаруашылығы өндірісінде қолданылатын техникалары қазақ елінің игілігіне ырыс әкелетінін атап көрсетті. Жылы лебіздерден соң лента қиылып, Беларусь сауда павильоны ашылды. Ресми қонақтар Қазақстанда атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, облыс әкіміне, басқа да лауазымды тұлғаларға алғыстарын білдіріп қайтты.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

Біртүйер

Тума таланттардан – «Тума таланттар» озып тұр!

Дулат ДАРХАН

БАСПАСӨЗ - 2020

Әр мақаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы — өзіміздің «Жетісуға» жазылайық!

Жалпы жазылу:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	4500,72	4810,32	9001,44	9620,64
Зейнеткерлер үшін	35469	2876,40	3186,00	5752,80	6372,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3011,04	3320,64	6022,08	6641,28
Жалпы жеке жазылу	65469	3147,84	3457,44	6295,68	6914,88



«Жетісудың» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

Электронды форматтағы жазылу:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	3300	6600
Зейнеткерлер үшін	1650	3300
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1750	3500
Жалпы жеке жазылу	1850	3700

Редакцияға келіп балама жазылу:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	3600	7200
Зейнеткерлер үшін	2000	4000
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2100	4200
Жалпы жеке жазылу	2300	4600

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 132
(18696)
Сенбі,
23 қараша,
2019 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz
@#Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

БІРЫҢҒАЙ (ҰЛТТЫҚ) ҚАБЫЛДАУ КҮНІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында халық пен билік арасындағы келісімді нығайтудың жолы ретінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруды тапсырған болатын. Соған орай еліміздегі барлық облыс, аудан әкімдері, құзырлы органдардың басшылары Бірыңғай (Ұлттық) қабылдау өткізіп, жергілікті халықтың мұң-мұқтажын тыңдады. Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ та таңнан кешке дейін 80-ге жуық азаматты қабылдап, бар мәселенің заң жолымен шешім табуына ықпал ететіндігін мәлімдеді.



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ

ӨТІНІШ-ТІЛЕК АЯҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Мәди АЛЖАНБАЙ

Қабылдауға жазылғандардың қатарында жеке басының мәселелерімен келушілер өте көп. Әрине, «үйі жоқтың күйі жоқ» деген қазақы тәмсілге сай баспанасының жоқтығын, үй мен жер телімін алуға тұрған кезегінің жылжымайтынын айтушылардың ішінде елді мекендерді абаттандыру, денсаулық сақтау саласындағы мәселелерді шешу сияқты аса маңызды тақырыпты көтерушілер де болды. Сонымен қатар, көпбалалы немесе аз қамтылған отбасыларға берілетін атаулы әлеуметтік көмекті алудың шарттарын түсіндіруді сұрағандар да табылып жатты. Одан бөлек, жұмыстың жоқтығын айтып, отбасы, бала-шағасын баға алмай қиналғаннан келгендер де кездесті. Тұрғындардың айтқан өтініш-тілегін, көтерген мәселесін мұқият тыңдаған облыс әкімі әр салаға жауапты орынбасарлары мен аудан, қала әкімдеріне, құзырлы органдардың басшыларына тапсырма беріп отырды. Мал ұрлығы, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық сынды қылмыстардан зардап шеккенін айтып, шағымданушыларға қолдау көрсетіп, қажетті көмек беруді облыстық полиция департаменті мен облыстық прокуратура өкілдеріне тапсырған Амандық Ғаббасұлы мұң-мұқтажын айтқандардың мәселесі аяқсыз қалмайтынын жеткізді.

Өңір басшысы денсаулығына байланысты көмек сұраған талдықорғандық Айжан Шақарбаеваның да өтінішін қанағаттандырды. Оның Оңтүстік Кореядан ем алуына жол ашып, арнайы тапсырма берді. Сондай-ақ, Көксу ауданында тұратын Ұлбике Қонарбаеваға Семей полигонының зардабына байланысты Алакөлдегі санаторийге жолдама беруді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бауыржан Ысқақовқа тапсырды. Бұдан бөлек, облыс орталығының тұрғыны Диана Айдарханованың заңып немесе көзі нашар көретін балаларға қажетті оңалту орталығын ашуға деген құлшынысына барынша қолдау көрсету керектігін ескертті.

Қабылдауға келушілердің ішінде баспана мәселесін көтергендер негізінен мемлекеттік «Бақытты отбасы» бағдарламасының шарттары мен ережелерін білмейтінін жеткізді. Олар өздерінің қай топқа кіретінінің де білмейтін болып шықты. Осыған орай көпбалалы аналар мен аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік мәселелерін анықтап, қажетті мәлімет беретін орталықты облыстық әкімдіктің жанынан ашу керектігін ескерткен Амандық Ғаббасұлы орынбасары Батыржан Байжұмановқа ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік бағдарламаны жаңжақты таныстыру қажеттігін тапсырды.

– Мемлекеттік органдар ең алдымен халыққа, оның ішінде мұқтаж отбасылардың заңдық, психологиялық тұрғыдан қолдау алуына, әлеуметтік мәселелердің шешімін табуына көмектесуі тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттен берілетін жәрдемақының барлық түріне қатысты сауалдардың жауабын бір орыннан беруі керек, – деген облыс әкімі қабылдауға келгендер көтерген мәселелердің қараусыз қалмауы тиістігін ескертті. *– Айтылған мәселелердің ішіндегі өңірді газдандыруға, ауызсу мен жол сапасына, көмір бағасының қымбаттығына қатысты сауалдар аса өзекті. Өйткені, бұл мәселелерге мемлекеттен қолдау көрсетіліп, көмек берілуде. Сарқан ауданындағы көмірдің бағасы 22 мың теңгеден сатылуын болдырмай, бағаны тұрақтандыруға ықпал ету керек. Ал мемлекеттік «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша телеарнада арнайы хабар ашып, кешкі уақытта мамандардың қатысуымен таныстыру керек. Әйтпесе, бұл бағдарламаның шарттарын жұрт мүлде білмейді деуге болады.*

Осылайша өз басындағы мәселелерін сөз қылғандардың ішінде үйін әлдекімдердің тонап, артынан қасақана өртеп жібергенін, алайда қылмыскерлердің табылмағанын айтқан Алакөл ауданы, Лепсі ауылының тұрғыны Мырзалы Рақышевке аудан басшылығы арқылы жергілікті демеушілердің көмегімен баспана әперуді, «Қызыл Ай» халықаралық қорына қолдау көрсетуді, Қаратал ауданындағы саяжай шаруашылығының КСРО кезеңінен қалған құжаттарын ауыстыруға көмектесуді тапсырған Амандық Баталов көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларын мереке кезінде назардан тыс қалдырмау қажеттігін айтты. Оларға жаңажылдық сыйлықтар мен азық-түлік әперуді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мамандарына тапсырды.

Өз басындағы ауыр жағдайды әңгімелеген тұрғындардың бәріне жауап беріп, облыстық әкімдік тарапынан көмек көрсетілетінін жеткізген облыс әкімі Бірыңғай қабылдауға тіркелгендердің мәселесі назардан тыс қалмайтынын жеткізді. Қабылдауға келгендер айтқан сөзінің дұрыс шешіліп, қойған сұрағының жауапсыз қалмағанына қуанып тарқасып жатты.

СЕЛЕКТОР

СӨЗ бен ІС бір жерден шықсын

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен өткен жиында Ұлт жоспары — «100 нақты қадамды» жүзеге асыру барысы сөз болды. Шараға бейнеконференция режимінде барлық аудан әкімдері қатысты.

Қажет АНДАС

Бірінші болып облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы Дәркен Нұржанов сөз сөйледі. Ол Ұлт жоспары – «100 нақты қадамның» 32-қадамын жүзеге асыру аясында «Қылмыстық құқықбұзушылықтар картасы» интернет-порталын құру бойынша жүргізілген жұмыс барысын баяндады.

– Біз өңірдің барлық елді мекенін түгендеуді жүргіздік. Сол барыста бірқатар заңбұзушылық анықталды. Ашығын айтқанда, кейбір жергілікті атқарушы органдардың тапсырылған жұмысты өз деңгейінде орындамай жатқаны белгілі болды. Сондай-ақ, 2018-2019 жылдары пайдалануға берілген жаңа нысандарды картаға толық енгізбегені де байқалды. Қазір басқарма тарапынан елді мекендер жіберген қателіктер 97 пайызға түзетілді, – деп атап өтті Дәркен Нұржанов.

Жиында айтылғандай, «Қылмыстық құқықбұзушылық картасын» Ескелді, Қарасай, Кеген, Үйғыр аудандары мен Текелі және Талдықорған қалалары ғана сапалы жасаған.

Жиналыста өңірлердегі құрылыс жұмысының қарқыны туралы да айтылды. Өз кезегінде Лаззат Тұрлашов тапсырылған жұмысты сөзбұйдаға салып, кешіктірген аудан, қала басшылығына қатаң сөгіс беруге дейін шаралар қабылданатынын ескертті. Сондай-ақ, бүгінде құрылыс жоспары орындалмай жатқан нысандар жайлы пікір білдіріп, орын алған кемшіліктерді 16 желтоқсанға дейін толығымен жою керектігін тапсырды.

БӘРЕКЕЛДІ!

Өкілдік ашылды

Талдықорғанда облыстық кәсіпкерлер палатасы және І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің мұрындық болуымен Жастар жылы аясында «StartUp ZHGU» академиясында облыстық кәсіпкерлер палатасы өкілдігінің кеңсесі ашылды.

Мұндағы мақсат – университетте жастар кәсіпкерлігін дамыту, ғылыми және инновациялық әлеуетті жүзеге асыру, жас ғалымдар мен кәсіпкерлікке ұмтылысы бар жастар арасында стартап жобаларын дайындау. Осы мақсатта жас ғалымдар мен жасы 29-дан аспаған, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер арасында «Жетісу – Стартап 2019» инновациялық идеялар мен стартап-жобалар байқауының ашылуы өтті.

«Бұл жоба студенттер мен жас кәсіпкерлердің іс ашып, жобаларды жүзеге асыруына ықпал етеді. Сондай-ақ, әлеуетті арттырып, қажетті кеңестер алуға мүмкіндік береді. Жас кәсіпкерлердің санын көбейтуге де септігін тигізеді деп санаймыз», – деді облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары Дәурен Оңалбаев.

Кеңсенің ашылу салтанатында грант алып, өз ісін бастаған «Бастау-бизнес» жобасының түлектері де өз жетістіктерімен бөлісті.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қалпына келтіріле бастады

Облыстағы егістік алқаптардың басым бөлігі суармалы жер. Десек те, оның біраз бөлігі пайдаланылмайды. Бүгінде осындай жерлерді қалпына келтіріп, ел игілігіне жарату үшін тиісті шаралар қолға алынып, жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта Үкімет тарапынан да айтарлықтай көмек көрсетіліп жатыр.

Қазіргі кезде су қоймалары тексеріліп, жіті бақылауға алынды. Осыған байланысты жыл сайын жергілікті бюджеттен қомақты қаражат қарастырылып, тиісті шаралар атқарылуда. Кезінде Қызылағаш су қоймасы да қиын жағдайда тұрды. Бүгінгі таңда бұл мәселе оң шешімін тауып, нысан қайта қалпына келтірілді. Қазір осы су қоймасына су жиналып жатыр.

Яғни, қолға алынып, іске асырылып жатқан игілікті жұмыстардың нәтижесінде шамамен жеті мың гектар жер айналымға қосылып, суармалы алқаптың көлемі ұлғаймақ. Сонымен бірге Ислам даму банкінің қаражаты есебінен 35,4 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін аймаққа 18,9 миллиард теңге қаржы тартылды. Өткен жылы Ескелді ауданының суару жүйелерін қайта жаңғыртуға 1,5 миллиард теңге қаржы бөлінді.

Қазір аймаққа қарасты екі ауданда су жүйелерін қалпына келтіру бойынша жұмыстар қарқын алды. Ал іске қосылуы тиіс суармалы жердің көлемі 137,8 мың гектарды құрайды. Бұл республика бойынша алып қарағанның өзінде аса қомақты көрсеткіш болып табылады. Аталған бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі жалғасатын болады.

Медет КЕРІМЖАНОВ,
облыстық ауылшаруашылығы басқармасы
су шаруашылығы бөлімінің басшысы

РУХАНИЯТ

Текелінің Мәдениет үйінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және Жастар жылы аясында Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның «Күзгі романтика» атты кеші өтті.

Романтика мекені


Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ

Концертке жиналғандар Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Бақытгүл Әбенова бастаған топтың орындауында күз мезгілі туралы әсем ән мен тамаша бидің куәсі болды. Сахна мезгілге орай әдемі безендірілген. Кеш шымылдығын «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблі Н. Тайырдың «Жаңбыр» қойылымымен түрді. Одан кейін сахнада «Күрең күз», «Құстар қайтып барады», «Есіңде ме?», «Сағынышым», «Екі жұлдыз», «Осень», «Донна осень» сынды әндер орындалып, «Алтынайдың» бишілері «Бродвей», «Әдемі» сынды әуен мен әнге құрылған қойылымдарды көрсетті. Жиналғандар ықыласына ерекше бөленген нөмірлердің бірі — В. Шаинскийдің «Осенний джаз» композициясын саксофонмен орындаған Қайрат Халықов болды. Романтикалық концерт *«Биле, жастық, билесең, биле сен, бір жасайық. Кел, достар, құрдастар. Сырласайық, замандас сырластар»* деп келетін, сөзін Шөмішбай Сариев, әуенін Сейдолла Бәйтереков жазған әнмен өз мәресіне жетті.

Соңында моноқаланың әкімі Бақтияр Өнербаев сахнаға шығып, филармония өнерпаздарына жергілікті қылқалам шеберінің қолынан шыққан Текелінің тауы мен тасы, Қаратал өзені бейнеленген суретті сыйға тартты. Сондай-ақ, өз сөзінде қала әкімі: «Кештің атауын сәтті беріпсіздер. Ұмытпаңыздар, нағыз романтика — Текеліде. Табиғаты, бәрі-бәрі тұнып тұрған романтика! Ұсынысымызды қабыл алып, тамаша кеш ұйымдастырғандарыңызға рахмет!» — деді.

Шара соңында қала басшысы алдағы уақытта романс фестивалі ұйымдастырылатындығын айтып, бәрін сол кешке біркісідей қатысуға шақырды.

Қали АСҚАР
Текелі қаласы

ЕЛБАСЫ ЖОЛЫ – БАРЛЫҚ ИГІЛІКТЕРДІҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ!

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күнімен құттықтауы

Құрметті жетісулықтар!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

1 желтоқсанның тәуелсіз Қазақстан тарихындағы орны ерекше. Себебі, 1991 жылдың осы күнінде біз жарқын болашағымыз үшін, бейбітшілік пен тыныштық үшін, дамудың даңғыл жолы үшін өз таңдауымызды жасап, Тұңғыш Президентімізді бірауыздан сайладық.

Тәуелсіздік жылдары Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көпқырлы қайраткерлігі, көшбасшылық қасиеті барынша айшықталды. Жас мемлекетті қалыптастырудағы жауапкершілігі жоғары тарихи міндетті абыроймен орындап, Қазақстанды өзге елдермен терезесі тең, әлемдік аренада лайықты орны бар, әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрақты, бәсекеге қабілетті, әлеуеті зор мемлекет ретінде танытты.

Саңлақ саясаткердің көрегендігі мен табанды ұстанымының арқасында Арқа төрінде жаңа астана бой көтеріп, бүгінде елорда жаһандық үздік үлгілер мен табысты тәжірибелерді тартудың озық орталығына айналды.

Қазақстандағы тұрақтылық пен тыныштық, өсу мен өркендеу, жеңістер мен жетістіктердің бәрі де Тұңғыш Президенттің есімімен тікелей байланысты. Өйткені, Елбасы бүгінгі барлық игіліктің қайнар бастауында тұр.

Құрметті облыс тұрғындары!

Бүгінде Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатын қазіргі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жалғастырып келеді. Елбасы өз сөзінде: «Халқыма керекті қалай табам, қайдан табам деп қам жеп жүру тек қана менің емес, әр азаматтың ісі мен жадында болуы тиіс», – деген еді. Бұл ретте Мемлекет басшысының жетекшілігімен елдік мүдде жолындағы жұмысқа жұмыла кірісіп, әрқайсымыз өз міндетімізді елжандылықпен, жауапкершілікпен, еңбексүйгіштікпен атқарамыз деп сенемін.

Мерекелеріңіз құтты болсын, қадірлі жерлестер! Сіздерге зор денсаулық, толайым табыс, береке-бірлік тілеймін!

Тұңғыш Президент күні құтты болсын!

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisu

№ 134 (18698)

Сенбі, 30 қараша, 2019 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ



Елбасыға арнау

Қара Жер жаралғалы қазағымның,
Шын сүйіп, шын түсінген азабын кім?
Жүрекке қолды қойып ниет қылдым,
Жетті деп тарихымды жазатын күн.

Уақыттың диірмендей тасы айналад...
Ұл туса, бауырыңа бас аймалап.
Тағдырды Алла ғана нәсіп етіп,
Тарихты Тұлға ғана жасай алмақ!

Жанардың жәудіретіп нұрын ала,
Бұл күнді күтті қанша Ұлы Дала.
Ұл туды бір анасы алты Алаштың,
Күн шықты арай шашып құбылаға.

Күн шықты арай шашып аспаныма,
Дүния кілт айналды басқа ағымға.
Ол Ана ұл тумапты, нұр туыпты
Бүгінгі өзек болар дастаныма.

Ол ұлдың заты – Нұрдан,
аты – Сұлтан!
Кеш туған зарықтырып уақытынан.
Жаралған жан әлемі Күлтегіндей,
Халықтың арман, тілек, бақытынан.

Қалауын қабыл қыл деп құс – көңілдің,
Асығы алшысынан түскен ұлдың.
Алладан мәдет тілеп жатқан шығар,
Бауырында Әбіш әкей Үшқоңырдың.

Адал боп ақыреттік жан-жарына,
Қарайлап қоңыр тірлік, мал-жанына.
Ұлтына тұтқа болар перзент сыйлап,
Ол да, әне, үнсіз жатыр Әлжан-Ана.

Жанардың жәудіретіп нұрын ала,
Бұл күнді күтті қанша Ұлы Дала.
Ұл туды бір анасы алты Алаштың,
Күн шықты арай шашып құбылаға.

Ел үшін Жерді шарлап ұшқан ұлым,
Ұлт үшін аямаған күш-дарынын.
Қазақта Ер тумайды енді Сіздей,
Жарылып кетсе де өті дұшпанымның.

Бабалар армандаған ізгі үмітпен,
Арылды дана халық жүз күдіктен.
– Нұраға, о не дейсіз? Біз дайынбыз!
Тарих тұр сахнадан Сізді күткен…

Маралтай ЫБЫРАЕВ

(2-бетке назар аударыңыз).

KÓSHBASSHY – 2019

ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ ЖАЛЫНДАП

Талдықорған қаласындағы «Көктем Гранд» қонақүйінде облыс әкімінің «Көшбасшы – 2019» жастар сыйлығын табыстау салтанаты өтті.

Еңлік ҚАБДЕШ

«Жастық шақ – ерлік жасайтын шақ» деп Стендаль айтпақшы, еліміздің жалынды жастары мемлекетіміздің серпінді дамуына өз үлесін қосып келеді. Әсіресе, Алматы облысы жастарының қарқыны ерекше. Облыс әкімдігі тарапынан мемлекеттік, қоғамдық істерге белсене араласып, әр салада жарқырай көрінген жастарды ынталандыру мақсатында жыл сайын «Көшбасшы» жастар сыйлығын табыстау дәстүрге айналған.

Биыл барлығы 20 номинация бойынша жастар жұмысы сарапқа салынып, өзінің қарым-қабілеті, озық ойы, ақыл-парасаты, атқарған істерімен дараланғандар анықталды.

Биылғы марапаттау бұрынғыдан өзгерек. 3D форматындағы шоу, жастардың қызыл алаңмен келуі – барлығы әр сала үздігі өзін шынайы жеңімпаз ретінде сезіну үшін жасалған.

Салтанатты шарада облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** сөз алып, жастарға мемлекет мол үміт артатынын, еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың қолында екенін, сондықтан жастарды білім мен спортқа бейім, жігерлі, ұшқыр ойлы, бастамашыл болуға шақырды.

– Облысымызда 400 мыңнан астам жас бар. Олармен жұмысты жүйелі түрде жүргізу мақсатында аймақта ауқымды істер атқарылуда. Жоғары және арнаулы орта оқу орындарында 206 студентке облыс әкімінің арнайы грантын тағайындап, оған 174 миллион теңге бөлінді. Сондай-ақ, бүгінде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы, «Жастар тәжірибесі» арқылы жас мамандарға зор қолдау көрсетіліп отыр, – деген аймақ басшысы әрбір істің артында орасан еңбек пен жастарға шексіз қамқорлық жатқанын жеткізді.



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕЕВ.

Көшбасшы атанғандардың қатарында «Жетісу» газетінен екі тілші бар. Нақтырақ айтсақ, «Үздік жас журналист» аталымында әріптесіміз Мәулен Әнербай топ жарды. Ал сыйлыққа биыл бірінші рет енгізілген «Үздік жас әдебиетші» аталымын Мұхтар Күмісбек иеленді. Бұл – біздің газет жастарының алғырлығын, қай салада да қатарластарының алдында жүретін бастамашылдығын көрсететін айқын дәлел.

Көшбасшыларға облыс әкімі Амандық Баталовтың арнайы дипломы, естелік мүсінше және 250 000 теңгенің сертификаты табысталды. Барлық жеңімпаздар арасынан жасы небәрі 16-да болса да, «Үздік жас ерікті» атанған Жазель Дакубаева құттықтау сөз сөйлеп, жастар барлық салада көшбасшы болуға бар күш-жігерін жұмсайтынын айтты.

– Ерікті ретінде жұмыс істегеніме екі жылдан асты. Былтырдан бері «Жетісу еріктілері» тобына жетекшілік етемін. Колледж кезінде тобымыздағы білімгерлермен бірге «Айналайын» балалар үйіне бардық. Сонда бір кішкентай балақай жаныма келіп: «Ана, мені қашан алып кетесің?» дегенін естігенде, көзіме жас үйірілді. Жаным ашыды. Содан бастап өзіме жағдайы төмен жандарға қолымнан келгенше көмектесемін деп серт еттім. Бүгінгі марапат мені одан сайын ынталандырып, жігерімді жани түсті. Бағытымның дұрыстығына көз жеткізді. Талай жұмысты бастауыма серпін берді, – деген жас ерікті ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

Сахна төріне 2009 жылдан бүгінге дейін өз кезінде үздіктердің үздігі атанған жандар – әр жылдың көшбасшылары көтерілді. Олар бүгінде жеткен межесінде тоқтап қалмай, биікке ұмтылған мықты мамандар. Бірі проректор болса, енді бірі – бір ауылдың әкімі.

2019 жылдың үздігі атанған 20 жас көпке үлгі болып қана қоймай, жетістіктен-жетістікке жету арқылы елге еңбек сіңіріп, алдағы уақытта үлкен істердің жанынан табылатындарына сендірді.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСЫ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еңбек қатынастарын реттеу мәселелері қаралды. Жиында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов, Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Ерәлі Тоғжанов, Үкімет басшысының орынбасары Бердібек Сапарбаев, тағы да бірқатар облыс басшылары атқарылған жұмыс пен орын алған кемшіліктерді түзету барысын және еңбек нарығын реттеу жұмыстары туралы баяндады.

Қажет АНДАС

Баяндамашылардың айтуынша, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың назарындағы басты міндеттерінің бірі – кәсіпорындарда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, жұмыскерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау. Қазіргі таңда бұл салада тұтас заңнамалық база бар, үш жақты әлеуметтік әріптестік қарастырылған, қауіпсіздік техникасын сақтау және жарақаттануды азайту шаралары қабылданып жатыр. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде, еліміз биыл жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Еңбек нарығының тиімділігі» факторы бойынша 30-орыннан 25-орынға көтерілді.

Десе де, бұл барлық жұмысты тындырып тастадық дегенді білдірмейді. Қазақстанда 6,7 млн.-нан астам жалдамалы жұмыскер жұмыс істейді. Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы бір жарым есеге – 42,5 мың теңгеге дейін өсті. Бірақ жалақы ісі бойынша берешек кәсіпорындар да бар. Олар Нұр-Сұлтан қаласы, Ақтөбе, Алматы және Түркістан облыстарында.

Жиынды қорытындылаған Үкімет басшысы биыл қабылданған Өндірістік жарақаттануды азайту жөніндегі жол картасын іске асыруды жандандырып, өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу мен ескертуге назар аударуды тапсырды. Сондай-ақ, Денсаулық сақтау министрлігіне еңбек министрлігі және Кәсіподақтар федерациясымен бірлесіп, кәсіптік ауруларды болдырмау мақсатында тиісті шараларды қабылдап, кәсіптік патологиялық көмек көрсетуді күшейту тапсырылды.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ



СҰҢҒЫЛА САЯСАТКЕР

Тәуелсіз Қазақстанның іргесін қалап, шегарасын шегендеп, болашаққа бағыт-бағдар беруде Тұңғыш Президенттің халық алдындағы еңбегі ұшан-теңіз. Елбасының стратегиялық бастамалары, болашақты болжай білетін көрегенділігі, сарабдал саясаткерлігі арқасында көпұлтты мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түсті.

Халқымызда «Көшбасшысы батыр болса, сарбаздары батыл болады» деген даналық бар. Қазақ елі өркениетті елу елдің қатарынан лайықты орын алды. Абыройлы да айбынды елді өрге сүйреп, биік белеске көтеру тек ел басқарған басшыға тән қасиет. Міне, осы ретте Нұрсұлтан Әбішұлы іріліктің де, ұлылықтың да үлгісін көрсете білді.

Ашуды ақылға жеңгізіп, күмән мен күдікті үмітке ұластыра білетін бітімгер басшы төрткүл дүниені мәмілегерлігімен, бастамашылдығымен, бейбітшілдігімен тәнті етті. Қазақ-станды тәуелсіз мемлекет ретінде қайта құрып, ең беделді әлемдік ұйымдардың мүшелігіне қосты. Елде саяси бірлік пен қоғамдық келісім орнатып, мемлекеттігіміздің мызғымастығына кепіл болды. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды дамыту жолында аянбай еңбек етті. Қазақстанның даму бағдарламалары ең қызықты әрі өршіл екенін көрсетті. Бұған Елбасының халықаралық жиындардың биік мінбелерінен жасаған мәлімдемелері дәлел.

Кезінде облыстық партия комитетінің хатшылық қызметінде жүргенімде Нұрсұлтан Әбішұлымен алғаш рет 1988 жылы жолыққаным әлі есімде. Сол жылдың желтоқсан айында Талдықорған қалалық партия комитетінің конференциясында Қазақстан Компартиялық орталық комитетінің Бюро мүшесі ретінде Министрлер кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты. Жиын біткен соң ол кісі музейді аралап, жұмысымен танысты. Араға біраз уақыт сала Арменияның Спитак қаласында табиғи апат болғаны жөнінде суық хабарды естідік. Нұрсұлтан Әбішұлы дереу халықты орталық алаңға жинап, көмек көрсету керектігін айтты. Көпшілік жиналған соң бәрімізге арнайы тапсырма берді. Сол кезде Үштөбе қаласындағы қазақ үй жасайтын фабрика жұмысы қызып тұрған еді. Содан 150 қазақ үйді тез арада Арменияға жіберу керек деген тапсырма алдық. Қалған қалалардың басшыларымен байланысып, бәріне арнайы тапсырма берді. Аз уақыттың ішінде жұмыс қыза түсті. Әр аудан, қаланы түгелдей көмекке жұмылдырып, іске кіріскені мені тамсандырды. Әсіресе, іскерлігі мен жауапкершілігіне қайран қалдым. Сол кезден-ақ Нұрсұлтан Әбіш- ұлы Республиканы бес саусағындай меңгеріп алғанына тәнті болдым. Содан жер сілкінісінің зардаптарын жоюға КСРО-ның барлық республикасынан әскерилер, дәрігерлер мен құтқарушылар жұмылдырылып, көмек көрсетілгені күні бүгінге дейін ел аузында.

Содан еліміз тәуелсіздік алған соң, яғни, 1992 жылы Тұңғыш Президентпен тағы кездестім. Ол кезде қала әкімі қызметін атқарып жүргенмін. Сол тұста облыс әкімі Сағындық Тұрсыновпен бірге Елбасына қала құрылысын таныстырдық. Қаратал өзенінің оң жағы қазіргі Қабанбай батыр ескерткіші тұсына келгенде көлікті тоқтаттық. Мұндағы мақсат – 1957 жылы салынған Қаратал өзенінің үстіндегі тозығы жеткен көпірді күрделі жөндеуден өткізу. Сөздің емес, істің адамы қашанда нақтылыққа мән беретіндіктен құрылыстың жобасын сұрады. Сарабдал саясаткер, іскер басшы бірден бұл істің қаржылық мәселесі шешілетіндігін айтты. Араға жыл сала І. Жансүгіров көшесінде жаңа көпір салынды. Міне, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың іскерлік қызметі арқылы қол жеткізген жетістіктерін біздің ұрпақ зор мақтанышпен айтуы керек деп ойлаймын.

Бітімгер басшы Нұрсұлтан Назарбаев дала дипломатиясының даналығын жетік білетін, мәмілегерлікті еркін меңгерген, араағайындық миссиясын мінсіз атқаратын сұңғыла саясаткер. Мемлекет басшысы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде: «Күшіміз – жауапкершілікте, бірлігіміз – әралуандықта, еркіндігіміз – келісімде, абыройымыз – игілікте, қауіпсіздігіміз – ашықтықта, тәуелсіздігіміз – серіктестікте. Болашағымыз – бүгінде», – деген болатын. Біз күні бүгінге дейін осы ұстанымды темірқазық тұттық. Себебі осы ұстаным бізді адастырған жоқ.

Аманғазы ШЕГІРОВ,
«Құрмет» орденінің иегері, Алматы облысының, Талдықорған қаласының Құрметті азаматы.

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қатысуымен «Nur Otan» партиясы аймақтық филиалының активі өтті.

БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ



Гүлжан ТҰРСЫН

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні қарсаңында өткізілген жиын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты бағдарламасын іске асыру аясында өрбіді. Жиындағы алғашқы сөзді облыстық «Nur Otan» партиясы филиалы төрағасының орынбасары Гүлнәр Тойлыбаева алып, 7 серпін бойынша баяндама жасады.

– Қазіргі уақытта партия Төрағасының «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам. – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты бағдарламасында бізге жүктеген барлық міндеттер жұмысымыздың маңызды бағыты болып отыр. Бірінші серпін бойынша, «Nur Otan» өзінің белсенді партия мүшелерін топтастыру арқылы – өз көзқарасын, партия мүддесін қорғай алатын белсенді азаматтарды партияға тарту жұмысын жүргізуде,– деген ол облыстағы жұмысты жандандыру барысындағы іс-шараларға тоқталды. Оның айтуынша, облыстағы 345 бастауыш партия ұйымының жұмысы күшейтіліп, 8-і ірілендірілген. Болашақта 61 бастауыш ұйым біріктірілмекші. Сондай-ақ, азаматтардың өтініштерін тиімді және жедел шешу үшін қоғамдық қабылдаулардың жұмысы күшейтілгені айтылды. Қазіргі уақытта мемлекеттік мекеме басшыларының азаматтарды қабылдаудағы белсенділігі басым. Мақсат – халықтың көптеген сұрақтарын жылдам әрі тиімді шешу. Партиялықтар өздерінің жұмысын бағамдау мақсатында халық арасында сауалнама жүргізіп тұрады. Бүгінгі таңда сауалнама нәтижесі бойынша, халық құқық қорғауда бірінші кезекте сотқа, екінші кезекте партияға сенетінін айтқан. Жалпы облыс бойынша жыл басынан 5015 өтініш тіркеліп, соның 2426-сы оң шешімін тапқан. Екінші серпін бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту керек. Бұл орайда қоғамдық кеңестердің жұмысын күшейту арқылы партия құрамын тазарту жұмыстарының пәрмені арттырылған. Бұған дейін жемқорлыққа қарсы жиын тоқсан сайын өткізіліп келсе, бұдан әрі ай сайын өткізу тапсырылды. Жыл басынан бері сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол берген және партия Жарғысына сай келмейтін жат қылықтар көрсеткен бір партия мүшесіне ескерту берілсе, 14 адам партия қатарынан шығарылған. Жалпы серпіннің қай-қайсысын алып қарасаңыз да маңызы зор. Үшінші серпінде Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды уәделерін барлық деңгейде жүзеге асыру, бақылау, сондай-ақ, аймақтық және аумақтық партия филиалдарында қоғамдық қабылдау бөлмелеріне түскен арыз-шағымдардың оңтайлы шешілуін қатаң бақылауға алу тапсырылған.

Жиында «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек» жобасы аясында ерекше күтімге мұқтаж адамдардың мәселесін шешу барысында атқарылған іс-шаралар айтылды. Мұндай жұмыстың ұзын-ырғасы жүз шақты. Гүлнәр Тойлыбаева сөзін қорытындылай келе: «Біздің мақсат – елдегі модернизация процестеріне жүйелі түрде қатысатын Елбасының стратегиялық тірегі болу. Халықтың өзекті мәселелерін тез және тиімді шешу үшін партия қоғамды толғандыратын барлық мәселелердің басы-қасынан табылуы керек», – деді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты партияның қайта жүктеу бағдарламасында әйелдер қауымының кем дегенде 30, жастардың 20 пайызын партияның сайлау тізіміне енгізу жүктелді. Осы орайда Ақсу ауданында сапалы үміткерлерді анықтау үшін қанатқақты жоба ұйымдастырылды.

Жиын барысында облыстық мәслихаттың хатшысы Сұлтан Дүйсембінов сөз алып, Елбасы «нұротандық» депутаттарға азаматтардың мәселесін шешу жолында белсенді жұмыс жасауды міндеттегенін, халықпен бірге болу, олардың басына түскен қиындықты бірге шешіп, дер кезінде қол ұшын созу қажеттігін айтты. Жиында партияның кадрлық резервіне іріктеудің қанатқақты жобасын іске асыру барысында Ақсу аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Күләйхан Дәулетбекова сөз алып, жобаның тиімділігіне тоқталды. Сондай-ақ, «Жас Отан» жастар қанатының жұмысы жайында облыстық «Жас Отанның» төрағасы Еркебұлан Ақболатов баяндады.

Актив отырысын қорытындылаған облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Амандық Баталов:

– Елбасы ұсынған «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» біз үшін негізгі нұсқаулық болады, – деді.

Жиын соңында партия қатарына бірнеше азамат салтанатты түрде қабылданып белсенді партия мүшелеріне Алғыс хаттар табысталды.

«ÚSHQOŃYR»

САЙЫПҚЫРАНДАР МЕКЕНІ

Шамалған ауылында пайдалануға берілген «Úshqońyr» дене шынықтыру-сауықтыру кешені Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастауымен және сол әулеттің демеушілігімен бой көтергені белгілі. Ат шаптырым аумақты алып жатқан спорт кешені бір мезгілде 1 800 баланы қамти алады. Мұнда 450 адам жанкүйерлік ете алатын футбол алаңы, 11 олимпиадалық спорт түрімен айналысуға мүмкіндік беретін тоғыз жаттықтыру залы орналасқан.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Дәурен Төлеген жетекшілік ететін кешенде бүгіндері 115 адам ынтымақты еңбек етуде. Бұл жерде еркін күрес, бокс, жекпе-жек өнерінің бірнеше түрі, сонымен қатар, суда жүзу, жеңіл атлетика, футбол, волейбол, баскетбол, үлкен теннис, бадминтон, армрестлинг, шахмат ойындары да жолға қойылған.

Кешендегі халықаралық дәрежедегі жарыстарды өткізуге лайықты екі жүзу бассейні келушілерді ерекше қызықтырады. Балаларға және ересектерге арналған бассейннің бірінің ұзындығы 25, ал ені 11 метр болса, балалар бассейні тиісінше ұзындығы 10, ені 6 метрді құрайды. Бұл жерде коммерциялық және спорттық топтар жұмыс жасайтынын айта кеткен орынды. Яғни, ақылы жаттығуларға келіп жүрген балалардың ішінен жүзу спортына қабілеттілігін көрсеткендері спорттық секцияға ауыса алады. Бұл балалардың өздерін шындай түсуге деген ынтасын арттыратыны сөзсіз.

Ересек балаларды спорт шеберлері Сейіл Сатыбалдинов пен Вероника Ермошкина жаттықтырса, кішілері Динара Алдабергенованың қамқорлығына берілген. Алдын-ала суда жүзу қауіпсіздігі жайлы мағлұмат алған балалар спорт мектебінің дәрігері Назымкүл Сағымбекованың тексеруінен өткеннен кейін ғана жаттығуға жіберіледі. Бассейнге түспес бұрын себезгіде мұқият жуынып алу бұлжымайтын дәстүрге айналған.

– Біз бес және он екі жас аралығындағы балаларды қабылдаймыз, – дейді суда жүзуден спорт шебері Сейіл Сатыбалдинов. – Пайдалануға берілгеніне көп уақыт өте қоймаса да тәрбиеленушілеріміз қазірдің өзінде облыстық, республикалық жарыстарда жүлделі орындардан көрініп жүр.

Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде өзінің чемпиондары да қалыптасып үлгерген. Мысалы, Жандосов ауылдық округіне қарасты Шалқар елді мекенінде тұратын егіздер – Әмірхан мен Әлихан Ердосұлы жаттықтырушылардың үкілеген үміттеріне айналған. Кезінде стол теннисінен спорт шебері дәрежесін қорғаған Зәуре Қожамқұлова бүгіндері қос немересін спортқа баулып жүр. Осылайша, үлкендердің сенімін ақтаған Әмірхан облыс чемпионы атанса, Әлихан Алматы қаласында өткен жарыста жеңімпаз атанды.

Кешендегі жаттығу залы да спортсүйер қауымның көңілінен шыққан. Ернұр Суфан және Диана Амангелдиева жаттықтыратын бұл секцияға келушілердің қатары күн санап көбейіп келеді. Сондықтан, жуырда бұл залға адам ағзасының түрлі бұлшық еттерін шындайтын жаңа құрылғылар қосымша қойылды.

– Спорт кешені жексенбіден басқа күндері таңғы сағат

8-ден кешкі 19.30-ға дейін жұмыс істейді, – дейді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Әйгерім Құсбекқызы. – Бұл жерде балалар ғана емес, өз денсаулықтары мен сымбаттарына бейжай қарамайтын ересектердің спортпен айналысуына мол мүмкіндіктер жасалған. Келушілердің уақыт ыңғайына қарай спортпен шұғылданатын мерзімін қалауынша белгілеп бере аламыз. Сол сияқты ұжымдық өтініштерді қабылдау жолға қойылған. Демек, салауатты өмір салтын ұстанып, мәнді де қызықты ғұмыр кешкісі келетіндерге есігіміз әрқашан ашық!

Жуырда пайдалануға берілген дене шынықтыру-сауықтыру кешені болашақта ел намысын қорғайтын талай сайыпқыранды тәрбиелеп шығарады деп сенеміз!

Қарасай ауданы

ЭНЕРГЕТИКА

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

«ТАЭТК» АҚ кейінгі жылдары үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша электр стансыларының қуатын арттыру, ұлттық және өңірлік электр тораптарын дамыту, электр желілері мен жабдықтарды жөндеу және пайдалануды жүзеге асыру міндетін қолға алды. Жақында олар пресс-тур ұйымдастырып, атқарылған жұмыстарды ақпарат құралдары өкілдеріне көрсетті. Шараға «ТАЭТК» АҚ мамандары, депутаттар және басқа да сала мамандары қатысты.

Қажет АНДАС

Расында, күнделікті өмірді жарықсыз елестету мүмкін емес. Демек, электр энергиясымен қамтамасыз ететін сала мамандарының еңбегі ерен. Қазіргі таңда Қазақстанда электр тұтыну көлемі жылына 5-7 пайызға өсіп отыр. Осындай игілікті жетістіктерді «ТАЭТК» АҚ-ның атқарып отырған жұмыстарынан көруге болады. Олар 2016 – 2020 жылдарға арналған бағдарлама аясында қыруар қаржы жұмсап, жоспар бойынша өңір тұрғындарын электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуде.

«ТАЭТК» АҚ қарасты 11 аудандық электр желісі, 19 бөлім мен қызмет бар. Оларға қарасты электр желілерінің жалпы ұзындығы 12285 шақырымнан асады. Ондағы қызметтер 106 төмендетуші қосалқы стансы, 2039 трансформаторлық қосалқы стансысы арқылы жүзеге асады. Айта кетерлігі, қосалқы стансылар мен электр желілері 1965-1990 жылдары аралығында салынғандықтан көбі ескірген. Сол себепті «ТАЭТК» АҚ кейінгі жылдары өзіне қарасты электр желілерін жаңғыртып, жаңалап келеді.

Биылғы жылғы электр желілерін жаңғыртуға қомақты инвестиция салынды. Осы қаражат есебінде Талдықорған қаласына қарасты Өтенай және Еркін ауылдарында жалпы ұзындығы 68,9 шақырым ескірген әуе электр желілерін ауыстыру жұмысы жүргізілуде.

Жалпы, әуе желілерін қайта құру электр энергиясының өткізу қабілетін ұлғайтуға септігі тиеді. Аталған жұмыс толық аяқталғаннан кейін бұрынғы жылдармен салыстырғанда екі ауылда жылына 7153кВт/с электр энергиясы үнемделеді. Сондай-ақ, бағаналар мен электр желілері жаңарып, жаңа трансформаторлар қауіпсіз жерге орналастырылып, қос ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі де қамтамасыз етіледі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

АЛАНДА – АРДАГЕРЛЕР

«Жастар» спорт сарайында волейболдан ардагерлер арасында III халықаралық «Жетісу кубогы» турнирі жалауын желбіретті.



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Дәстүрге айналған волейбол додасына Ресей Федерациясының Бурятия, Татарстан, Тыва Республикаларынан және Орынбор қаласынан, сондай-ақ, Қырғызстан, Моңғолия, Өзбекстан елдерінен кіл мықты командалар келді. Халықаралық жарысқа Алматы облысының «Жетісу» командасы да қатысуда. Жарыстың ашылу салтанатында ҚР Волейбол федерациясының вице-президенті, Алматы және Алматы облысы волейбол федерациясының президенті, облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** сөз сөйледі.

– Биыл үшінші мәрте өтіп отырған ардагерлер арасындағы волейболдан халықаралық турнир жыл сайын ауқымын кеңейтіп келеді. Талдықорған қаласы волейбол ойынының үлкен ордасына айналды. Жалпы Алматы облысы ғана емес, Қазақстанның волейболы әлемге танымал. Сол кездегі «Буревестник», «Дорожник» командасы екі мәрте Еурола кубогының иегері, КСРО чемпионы атанды. Сондай-ақ, О. Жарылғаповтан тәлім алған Ж. Сауранбаев, Г. Гончаров, В. Кравченко, А. Сұлтанов, А. Шабдарбаев, В. Шапран секілді спорт шеберлері Қазақстан волейболын дүниежүзіне таныtты. Біз олармен мақтанамыз. Осындай таланттарымызды мақтан тұта отырып, біз кейінгі жас ұрпаққа үлгі көрсетуіміз және насихаттауымыз керек. Сол себепті де Талдықорған қаласында ардагерлер арасында волейбол турнирін өткізіп келеміз. «Жетісу кубогы» турниріне қатысушылар қатары артуда. Қазірдің өзінде сегіз мемлекеттен келді. Қытай, Тайланд елінің командалары ұсыныс білдірді. Болашақта ол елдердің де командаларын осы жарыстан көретін боламыз. Олай болса, жарысқа келген барлық командаға сәттілік! Тек мықтылар жеңіске жетсін! – деді Амандық Ғаббасұлы

Осылайша сөзін аяқтаған облыс басшысы жарысты ашық деп жариялады.

Одан кейін ортаға «Буревестник» Волейбол клубының президенті, генерал-лейтенант Амангелді Шабдарбаев, Тыва Республикасы Волейбол федерациясының вице-президенті Чингис Каминов, Моңғол Республикасы Волейбол федерациясының вице-президенті, волейболдан спорт шебері Тутсмандалу Тогтохбаыр,Татарстан Республикасы «Динамо» қоғамы төрағасының бірінші орынбасары Гайсин Салават сөз сөйлеп, жарысты ұйымдастырушы облыс әкімі Амандық Баталовқа алғыстарын айтып, ескерткіш сыйлықтарын табыс етті.

Салтанатты шарадан кейін «Жетісу» мен Тыва Республикасының командалары кездесті. Кілең ардагер ойыншылардан құралған команда әуе допты ұршықша иірді. Бір-біріне дес бермеген ойыншылар жарыстың көрігін қыздырды. Ойыншылар жанкүйерлердің делебесін қоздырып, сұрапыл соққыларымен шеберлік танытты. Нәтижесінде, «Жетісу» командасы екі сәтте де жеңіске жетіп, қоржындарына алғашқы ұпайды салды. Екінші ойын Өзбекстан командасымен болды. Ол ойын да, жерлестеріміздің пайдасына шешілді. Есеп 2:0

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

Jetisý

◆ ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР ҚУАНЫШЫ

ҚАСКЕЛЕҢ қаласындағы «Қарлығаш» тұрғын үй кешенінде қуанышты оқиға болды. Бұл күні бірнеше көпбалалы ананың арманы орындалып, көптен күткен пәтер кілтіне ие болды. Аудан әкімі Жандарбек ДАЛАБАЕВТЫҢ қатысуымен өткен салтанатты шарада Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Зағипа БАЛИЕВА аналарға пәтер кілтін табыстады.



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Қуаныш иелері Аян Тәженова мен Әмина Көкеева «Алтын алқа», ал Қарлығаш Тоқтарбай «Күміс алқа» иелері болса, Ақзайда Бекбосынова мен Алтынгүл Күлшікова бірнеше бала тәрбиелеп отырған ардақты ана. Олардың барлығы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында «Қарлығаш» мөлтекауданында жаңадан салынған үйден сатып алу құқығынсыз арендалық пәтерлерге ие болды. Баспаналы болған отбасыларды пәтер кілтімен бірге аудан әкімі атынан табыс етілген теледидар қуантты.

Жаңа қонысқа кіріп отырған аналарды құттықтап, ізгі тілектерін айтқан Жандарбек Ермекұлы бұл тұрғын үй кешенінде көпқабатты 31 үйдің салынатынын жеткізді. Мемлекеттің қолдауымен 40 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталса, 50 пәтерлі тағы бір үй таяу уақыттары пайдалануға беріледі. Биыл Қарасай ауданында бұдан басқа тағы 64 пәтерлі бір үйдің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жеке инвесторлардың қаржысына салынып жатқан бұл нысандардың инженерлік құрылымдары мемлекет есебінен жүргізіледі. Сонымен қатар, тұрғын үй кешенінің аулаларын абаттандырып, Әйтей ауылына қарай шығатын жолды толығымен күрделі жөндеуден өткізу мәселесі де ойластырылған.

Жалпы, Қарасай ауданында былтыр 104 пәтерде қоныстойы тойланып, оның біразы «7–20–25» бағдарламасы аясында жүзеге асқанын айта кету керек. Ал, көпбалалы отбасыларға бөлінуі жоспарланған 53 пәтердің онына бүгінгі күні 10 отбасы қоныстанып үлгерді.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұрлан ҚЫЛЫШБАЕВ жұмыс сапарымен ТАЛДЫҚОРҒАН қаласына келді. Халық қалаулысын қала әкімі Ғалымжан ӘБДІРАЙЫМОВ «Қаратал» шағынауданындағы студенттерге арналған жатақхана құрылысымен таныстырды.

ЖАТАҚХАНА ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Еңлік КЕНЕБАЙ

2019 жылдың сәуір айында басталған құрылыс нәтижесі көңіл қуантарлық. Бүгінгі таңда жатақхана құрылысы 90 пайызға орындалған. Су, жарық, жылу жүйелері толықтай қосылған. Нысанның іші әрленіп, сыртқы қаптамалары бекітілуде. Құрылыс нысанында 130 адам еңбек етеді. Ғимараттың бірінші қабатында кітапхана, асхана, шағын кинотеатр, компьютерлік кабинет болса, жоғарыда студенттер тұрады. Әр бөлмеге жеке жуынатын орын қарастырылған.

Ғимараттың әр бөлмесін аралаған депутат білімгерлерге барлық жағдай жасалуы керектігін тілге тиек етті. Бос уақыттарында үстел теннисі, шахмат, дойбы секілді спорттық ойындар ойнауға мүмкіндік қарастыруды қадап айтты. Сондайақ, құрылысқа қажетті барлық материалды тек отандық өнімдерден пайдалануды талап етті.

– *Жастар – біздің болашағымыз. Сондықтан да, ең бірінші жатақхана жылы да жайлы болуы тиіс. Әр бөлмеге қойылатын құралжабдықтардың сапасына көңіл бөліңіздер. Студенттер таршылық көрмей, тек білім алуға, спортпен шұғылдануға көңіл бөлетін болса, келешегіміз жарқын болары сөзсіз. Мынадай кең сарайдай жатақханада тұрған жетісулық білімгерлер алтын уақытын тек оқу-білімге арнайды деп ойлаймын. Өйткені, дәл осы үлгідегі заманауи ғимарат көп қалаларда, тіпті, басқа мемлекеттерде де жоқ десек те болады. Жастарға артылатын жауапкершілік жүгі ауыр. Ізденімпаз, білімді жастар мемлекеттің мұндай қамқорлығын сезініп, ел болашағы жолында талмай білім алса, еңбектің ақталғаны деп түсінуіміз керек.*

Құрылысшылардың да жағдайына баса көңіл аударыңыздар. Жалақыларын уақытылы төлеп тұруды да назардан тыс қалдырмаңыздар. Бәріміз мемлекеттің мүддесі үшін қызмет етуге міндеттіміз, – деді Нұрлан Наурызұлы.

Студенттер үйінің сыртқы, ішкі құрылысына баса мән берген депутат жұмысқа оң бағасын берді. Ең бастысы, сапаға көңіл бөлген ол құрылыс жұмысын уақытылы аяқтап, көптің ақ батасын алғаннан артық мәртебе жоқ екенін айтты.

Облыстық құрылыс басқармасының білім беру және мәдениет нысандарының құрылысы бөлімінің басшысы Дәурен Тұрғанбаевтың айтуынша, құрылысшы мердігер «Construction Company» ЖШС мен жобалаушы «Ақ-Жол-ІІ» ЖШС жұмысты сапалы әрі нәтижелі орындап келеді. «Бұл жерде сейсмикалық нығайту жұмыстары толық атқарылды. Жергілікті бюджеттен қомақты қаражат бөлініп, қауіпсіздік ережелерінің барлық талабы ескеріле отырып, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілуде. Сапалы құрылыс үшін отандық құрылыс материалдары қолданылуда. Бір бөлмеге 3 студенттен орналастырылады. Бөлмеге қойылатын төсек, үстел, орындық, шкаф секілді жиһаздардың барлығы дайын. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға да арнайы пандус жасалады», – деді ол.

Айта кету керек, талдықорғандық студенттерге арналған жатақханада 96 бөлме бар. Оған 288 білімгер орналасады. Ғимарат құрылысы үстіміздегі жылдың наурыз айында аяқталады деп күтілуде.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Зағипа БАЛИЕВА Қарасай ауданына жасаған жұмыс сапарында аудан әкімі Жандарбек ДАЛАБАЕВПЕН бірге ҚАСКЕЛЕҢ топтама су жүйесі кешенінде болып, көпбалалы аналарға пәтер кілтін табыстап, Шамалған ауылында жұртшылықпен жүздесті.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕГЕ НАЗАР АУДАРДЫ

Зағипа Яхияқызы Қарасай ауданының елді мекендерін таза әрі сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге бағытталған Қаскелең топтама су жүйесінің құрылысын бастауға үлкен еңбек сіңірген болатын. Сондықтан, маңызды нысанға келген кезінде кешеннің жұмыс принципімен, суды тазалау тәсілімен, елді мекендерге құбыр арқылы жеткізу мәселесімен жете танысты.

Депутат ары қарайғы сапарын Шамалған ауылында жалғап, өткен жылдың желтоқсан айында ашылған сервистік әкімдікте болды. Жаңа құрылымның жұмысына назар аударды. Бұл жерде ауылдық округтің әкімі Ержас Тоқтасынов пен әкімдік қызметкерлері мәртебелі мейманға жан-жақты анықтама берді. Электронды үкімет бағдарламасына орай сервистік әкімдікте барлық жұмыстар элек- тронды жүйе бойынша жүзеге асырылады. Ауыл тұрғындарын қабылдап отырған мекеме мамандары оларға атаулы әлеуметтік көмек (АСП), бірыңғай жиынтық төлем (ЕСП) және басқа да толғақты мәселелер жөнінде түсініктеме беріп, құжаттарын рәсімдеуге көмектеседі. Ғимаратта қызмет көрсету залынан басқа мамандар отыратын бөлмелер, ардагерлер кеңесінің кеңсесі, сәбилер ойнайтын орын және азаматтардың онлайн-режимде аудан басшыларымен сөйлесуіне мүмкіндік беретін бұрыш та жабдықталған.

Депутатпен кездесуге келген Шамалған ауылының тұрғыны, жалғызбасты ана Үмітхан Исабаеваның талап-тілегін тыңдаған Зағипа Яхияқызы атаулы әлеуметтік көмек пен медициналық сақтандыру жүйесін түсіндіріп, әкімдік мамандарына анаға көмек көрсетуді өтінді.

Бұдан соң сервистік әкімдіктің залында тұрғындармен кездесу өткізген халық қалаулысы Парламент деңгейінде атқарылып жатқан жұмыстар жайында айтса, аудан әкімі Жандарбек Далабаев өңірдегі іргелі істер жөнінде баяндады. Заң шығарушы биліктің жұмысы, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған 20 бағдарлама, Президенттің халыққа Жолдауында белгіленген Еріктілер жылы жайында келелі әңгіме өткізіліп, тұрғындардың сұрақтарына жан-жақты жауап қайтарылды.

Кездесу барысында көтерілген мәселелердің көпшілігі әлеуметтік бағытта болғанын айту керек. Мысалы, «Үшқоңыр» денешынықтыру-сауықтыру кешенінің жанынан дарынды балаларға арналған интернат салу, Бекболат ауылындағы мектепке күрделі жөндеу жүргізіп, қосымша жапсаржай тұрғызу, ауылдағы фельдшерлік-акушерлік бөлімнің ғимаратын кеңейту, Бекболат және Жандосов елді мекендерінде Мәдениет үйінің жоқтығы әңгіме өзегіне айналды. Осы және өзге де мәселелерді мұқият тыңдаған Зағипа Балиева айтылған жайларды назарда ұстап, болашақта көмек беруге күш салатынын жеткізді.

Қ. ӘБІЛ
Қарасай ауданы

ЗАҢҒА БАҒЫНҒАН ҰТЫЛМАЙДЫ

Халық қалаулылары жаңа жылдағы жұмыстарын ел аралаудан бастады. Жұртшылықпен жүздесіп, бүгінгі күннің өзекті мәселелері жайлы әңгімелескен ҚР Парламенті Сенатының депутаты Владимир ВОЛКОВ ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ ауданында жергілікті әкімшілік және прокуратура, сот, құқық қорғау саласы қызметкерлерімен кездесіп, өзара ой қорытты, пікір алмасты.

Болат МӘЖИТ

Демократияға бет бұрған мемлекетіміздің басты құндылығы – адам. Барлық заң ел азаматтарының алаңсыз еңбек етіп, қалыпты тіршілік етуіне негізделген. Соған орай әрбір азаматтың құқықтары толық сақталуға тиісті. Бұл міндеттерді қамтамасыз ету үшін халық қалаулылары аз жұмыс істеп жатқан жоқ. Атап айтқанда, құқық қорғау саласының жауапкершілігі бұрынғыдан арта түсті. Сот жүйесінде реформалардың қолға алына бастағаны көңіл қуантады. Өйткені тәртіп пен заңдылықты берік сақтау – қоғамды дамытудың басты кепілі. Осы жайында әңгімелеген депутат жиналғандармен бірге ҚР Қылмыстық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мазмұны мен мәнін талқылады.

Бүгінгі таңда мал ұрлығының өршуі барлық ауыл адамдарын алаңдатып отырғаны белгілі. Қылмыс жасаушыларға қатаң шаралар қолданбаса олардың тыйылатын түрі жоқ. Қылмыстық кодекске енгізілген өзгерістер ең алдымен соны қамтамасыз етеді. Ұрлық пен зорлықтың жазасы енді мүлдем күшейтілетін болады. Сол сияқты мас болып көлік жүргізгендерді де қатал үкім күтіп тұр. Қылмыс жасағандар бас бостандығынан айрылуымен бірге көлік жүргізу куәлігін өмір бойына қолдарына ұстамауы мүмкін. Бұдан басқа да қылмыспен күрес барынша күшейтілген. Сондықтан заңды білу, заңды құрметтеу ісіне жоғары деңгейде көңіл бөлуге тиістіміз.

Кездесуден соң ҚР Парламенті Сенатының депутаты Владимир Волков пен аудан әкімі Бинәлі Ысқақ орталық ауруханаға барды. Халық қалаулысы денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің жұмысымен танысып, бас дәрігер Жәмила Әбеуованың сөздеріне назар аударды. Емханалардың цифрлық жүйеге көшкенін көрді. Сол сияқты өткен жылы бес дәрігер жас маман ретінде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша тұрғын үймен қамтамасыз етілген. 17 маманға арнайы қаржылай көмек көрсетілген. Депутат дәрігерлермен де сұхбаттасты.

Сенат депутаты осындағы естігендері мен көргендерін көңілге түйіп, оны заң қабылдау ісіндегі ортақ іске пайдаланатынын айтты.

Еңбекшіқазақ ауданы

◆ ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

ҚАРҚЫН ЖОҒАРЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов Талдықорған қаласында салынып жатқан бірнеше нысанды аралап, ондағы жұмыс жағдайымен танысты.

Қажет АНДАС



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ

Алдымен «Қаратал» шағынауданында жаңғырту жұмысы жүріп жатқан жатақханаға ат басын бұрды. Құрылысы 9 жылдың алдында тоқтап қалған нысанға былтырдан бері жаңғырту жұмысы жүргізіліп, қазір адам танымастай өзгерген. Бүгінде нысанның ішкі әрлеу жұмыстары басталыпты. Нысанға жылу, су, электр желісі тартылып, қолайлы жағдай жасалған.

Мұндағы құрылысты «Астана құрылыс» АҚ жүргізуде. Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, қазір жатақханаға 50 адам монтаж жұмыстарын жасап жатыр. Десе де, қазіргі ауа райының қолайсыздығы жұмысқа қолбайлау болып тұрған көрінеді. Күн сәл жылыған- нан кейін жұмыс күшін көбейтіп, құрылысшылардың санын арттырмақ. Заман талабына сай салынып жатқан жатақханада жатын бөлмелерден бөлек, кітапхана, жаттығу залы, асхана және шағын кинотеатр болады деп күтілуде. Жатақханадағы құрылыс жұмысы үстіміздегі жылдың наурыз айында аяқталмақ. Сондайақ, ғимараттың айналасындағы атшаптырым аумақты алып жатқан бос жер абаттандырылып, студенттердің бос уақытында көңілді демалыс ұйымдастыратын орны болмақ. Ғимараттың іргесіндегі аквапарктің айналасына да жөндеу жұмысы жүргізілмек. Демек, биылғы жаңа оқу маусымы басталғанда жатақхананың жетіспеушілігінен пәтер жалдап тұратын болашақ мамандардың қиыншылығы осы нысанның іске қосылуымен шешілетін болады.

Келесі кезекте Лаззат Махатұлы «Жастар» саябағының қасынан салынып жатқан жабық жүзу бассейніне барды. Бұл жерде облыс әкімінің бірінші орынбасары құрылыстың тәртіп бойынша жүріп жатқанын көріп, өзінің оң бағасын берді. Ал құрылыс жұмысын жүргізіп жатқан «Bazis» құрылыс компаниясының өкілдері мұнда бетон және темір құрастыру жұмыстарының аяқталғанын, алдағы уақытта сыртын қаптап, ішкі әрлеу жұмысына кірісетінін жеткізді. Жалпы нысанды биылғы жылдың соңына қарай бітіру жоспарланған. Алайда мердігер компания осы жылдың ортасына қарай бітіреміз деген сенімде.

– Қаламызда салынып жатқан жүзу бассейні – елімізде салынып жатқан ең үлкен нысан. Нысан жекеменшік және мемлекеттік әріптестік негізінде салынуда. Жобаның жалпы құны 11 млрд. теңгеге жуық. Бұл өте ауқымды жоба болғандықтан, облыстық құрылыс басқармасы тарапынан жиі тексеріп, қадағалап отырмыз. Бұл нысан қолданысқа берілген соң Талдықорған қаласы тұрғындарының су спортына деген құлшынысын оятып, Дмитрий Баландин сияқты Олимпиада чемпиондары шығады деген үміттеміз. Қазір мұнда 200-ден аса адам, 40-қа жуық техника жұмыс жүргізуде. Жұмысшылардың дені Талдықорған қаласының тұрғындары, – дейді облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Әмешұлы.

Әрине, бұл бассейн елімізде баламасы жоқ нысан. Сондай-ақ, нысан облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі су спорты бойынша сайыстар өтетін бірден-бір орын болмақ. Сондықтан, нысанды сумен жабдықтау және сарқынды суды сыртқа шығару мәселесіне баса көңіл бөлген жөн. Осы жағына назар аударған облыс әкімінің бірінші орынбасары сумен қамту мәселесін халықаралық стандартқа сайкес жабдықтау керектігін тапсырды.

«Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде облыстық мәслихат депутаттарының 2020 жылы азаматтарды қабылдау кестесі

№ п/п	Депутаттардың аты-жөні	Қабылдау күні	Қабылдау өтетін мекенжай, қабылдау уақыты
1	**САРЫБАЕВ Ғалиасқар Төлендіұлы**	18.02.2020 ж. 09.06.2020 ж. 20.08.2020 ж. 07.10.2020 ж.	4 қабылдау – Алматы облыстық партия филиалында Сағат 11.00-12.00
2	**ЖӨРГЕНБАЕВ Жанболат Әкебайұлы**	26.03.2020 ж. 28.05.2020 ж. 11.08.2020 ж. 17.11.2020 ж.	4 қабылдау – Алматы облыстық партия филиалында Сағат 11.00-12.00
3	**БАЙТАЕВ Базархан Измуханұлы**	27.02.2020 ж. 28.04.2020 ж. 03.09.2020 ж. 02.12.2020 ж.	4 қабылдау – Алматы облыстық партия филиалында Сағат 11.00-12.00
4	**МҰҚАНОВ Серік Мейірханұлы**	21.01.2020 ж. 08.04.2020 ж. 08.09.2020 ж. 03.11.2020 ж.	4 қабылдау – Алматы облыстық партия филиалында Сағат 11.00-12.00
5	**ҚЫДЫРМАНОВ Әсет Серікқалиұлы**	12.02.2020 ж. 07.07.2020 ж. 22.09.2020 ж. 15.10.2020 ж.	4 қабылдау – Алматы облыстық партия филиалында Сағат 11.00-12.00

◆БАЙҚАУ

«АБАЙҒА АРНАУ» облыстық жазба ақындар мүшәйрасына шақырамыз

Ақынын ардақтаған Алаш жұртының әрқашан маңдайынан бақ, таңдайынан жыр кетпегені әлімсақтан белгілі. Ақындар мен батырлар елі атанған Алматы облысы жыл сайын мерейтойларды абыроймен атқарып келеді. Биыл қазақтың ұлы ойшылы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы елімізде кеңінен тойланбақ.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Абайды қалай дәріптесек те жарасатынын, оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы қазақ халқына ғана емес, барша жұртқа өнеге екенін баса айтты.

Абай – қазақ халқының ары мен намысын қамшылап, ұлтымыздың ұлылар қатарынан болуы жолында дамылсыз күрескен қажырлы қайраткер.

Оның шығармасындағы аса ірі парасаттылық пен қарапайымдылық, философиялық ұстаным әрбір адамның бойында болуы шарт.

Қазақ халқының өмірін негізге ала отырып жазған қара сөздерінің өзі кейінгі ұрпаққа Құран сөзінен кейінгі елдің бағдаршамына айналғалы қашан?!

Абайдың ілімі, Абайдың ғылымы, Абайдың кемелдігі, Абайдың кісілігі келер ұрпақ үшін таптырмас олжа. Ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына орай Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы Алматы облысы әкімінің қолдауымен **«Абайға арнау»** атты облыстық ақындар мүшәйрасын жариялайды. Жергілікті ақындарымыздың арасынан жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарларды анықтап, арнау өлеңдердің жинағын кітап етіп шығару бұл шараның басты мақсаты болмақ. Сондай-ақ, Абайды танып, білуге және жаңа қырларын ашуға үлкен мүмкіндіктер бар.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма, – деп бір ауыз сөзбен ойын түйіндеген Абай атамызға бүгінгі ұрпақтан айтылар алғыс, арналар жырдың мол болатынына сенім мол. Тақырыпқа шектеу жоқ. Ұлы Абайдың сегіз қырлы, бір сырлы даналығы мен данышпандығын егеменді еліміздің мұратымен ұштастыра отырып жырлау ақындардың шалқар шабытына байланысты. Асығайық, ақындар! Ендеше жүйріктерімізді аламанның алдынан күтуге дайынбыз!

Бас жүлде – 700 000 теңге.
Бірінші орын – 500 000 теңге.
Екінші орын – 400 000 теңге.
Үшінші орын – 300 000 теңге.

Ынталандыру бәйгесі 3 ақынға 200 мыңнан белгіленіп отыр.

Мүшәйраға еш жерде жарық көрмеген, мағынасы мен көркемдік деңгейі қалыпқа сай топтама өлеңдер, толғаулар 2020 жылдың 1 наурызына дейін қабылданады.

Қабылдау орны: Талдықорған қаласы, С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасы, Тәуелсіздік көшесі, 61-үй.

Байланыс телефондары: 8-7282-24-11-23, 24-63-45; 8-771-403-76-39; факс: 40-01-46

Электронды почта: bibseyfull_tald@mail.ru

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «АБАЙҒА АРНАУ» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасының ЕРЕЖЕСІ

Алматы облысының әкімдігі, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына орай «Абайға арнау» атты облыстық мүшәйрасын ұйымдастырады. Бұл шара Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында өткізілгелі отыр.

Мүшәйраның мақсаты:

– Қазақ тілінің көркемдік ерекшелігін, бай сөздік қорын, Абай шығармашылығын насихаттау арқылы қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген сұранысты арттыру әрі еліміздің рухани бірлігін нығайту.

– Халқымыздың дана ақыны, ғұлама ойшылы, Абай Құнанбайұлының философиялық қырына үңіліп, бүгінгі ұрпақтарының Абай мұрасына қызығушылығын арттыру, оқып-білуге, тани түсуге ынталандыру.

– Ұлы Абайдың жан-жақтылығын қамти отырып, ақындық шығармалары арқылы Абай мұрасын, өнегелі өмір жолын жас ұрпаққа ұғындыру, қазақ тілі арқылы олардың санасында қазақстандық патриотизм сезімдерін қалыптастыру және үлгі ету;

– Ел арасындағы таланттарды іздеу, олардың шығармашылық ізденісіне дәнекер болу.

Мүшәйра тақырыбы:

1. Абай Құнанбаевқа арнау (1 өлең – 10-12 шумаққа дейін, поэма – 50 шумаққа дейін).

Мүшәйраны ұйымдастыру:

Мүшәйра ашық түрде өткізіледі. Өлең-жырлар 2020 жылдың 1 наурызына дейін қабылданады, ақындардың жасына шек қойылмайды. Көркемдік жағына ерекше мән беру ескертіледі.

Мүшәйраның шарттары:

Байқауға келіп түскен өлеңдер алдын ала қазылар алқасының талқылауынан өтіп, іріктеледі. Сұрыптаудан өткен өлеңдер ғана облыстық ақындар мүшәйрасына ұсынылады. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімінің уақыты қосымша хабарланады. Марапаттау сәтінде жүлделі орындарға ие болған өлең авторлары өз шығармаларын мәнерлеп оқуға мүмкіндік алады. Мүшәйраға қатысатын өлеңнің бір данасын және автордың жеке суретін, жеке куәлігінің көшірмесін төменде көрсетілген электронды поштаға жіберу қажет.

Автор өзі туралы толық мәліметті қосымшадағы өтінімде көрсетуі керек. Алматы облысы, Талдықорған қаласы, С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасы, Тәуелсіздік көшесі, 61-үй.

Байланыс телефондары: 8-7282-24-11-23; 24-63-45; 8-771-403-76-39; факс: 40-01-46

Электронды почта: bibseyfull_tald@mail.ru

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «АБАЙҒА АРНАУ» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасына
ӨТІНІМ

1. Аты-жөні (толық) _____

2. Білім алған оқу орнының бүкіл атауы _____

3. Қатысушының жұмыс орны _____

4. Тұратын мекенжайы, байланыс телефоны _____

5. Шығармалардың _____

6. Мүшәйраға қатысушының қысқаша шығармашылық өмірбаяны, жетістіктері: _____

Қатысушының қолы _____

◆БҮГІНГІ СӨЗ



Жер бетінде 246 мемлекет бар. Олардың ішінде халқы ең көбі бізбен көршілес Қытай болса, ең азы Питкерндер мемлекеті. Тынық мұхиттағы шағын аралды мекендеген халықтың саны 2013 жылы жүргізілген санақ бойынша бар-жоғы 56 адам ғана. Жалпы жер бетіндегі халықтың саны жыл санап өсіп келеді. Қазір 7,5 миллиард адамға жетіп қалды. Тұрғындардың қатары көбейген сайын өмірдің жаңа талаптары, жаңа шарттары да бірге шығып отырады. Алайда адамзат баласы кейбір жаман әдетінен әлі күнге арыла алмай келе жатыр. Соның бірі – ұрлық.

ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ

Мәди АЛЖАНБАЙ

Күллі жер бетіндегі мемлекеттер арасында өзіндік тұлғасын қалыптастырған халқымыз үшін мал ұрлығы теріс әдетке айналғанына біраз болды. Ертедегі жаугершілік заманды, аштық пен жоқшылық белең алған кезеңді былай қойғанда бүгінгідей жоқ пен бардың аражігін ажыратар, жамандық пен жақсылықты салмақтайтын тұста мал ұрлығының жойылмай келе жатқаны кімді де болса алаңдатады. Оның дерегі жыл өткен сайын жаңа қырынан, мүлде ерекше сипатта көрініс тауып жатқаны ойланатын жайт.

Мысалы, еліміздің оңтүстік-шығысындағы шұрайлы өлке Жетісу жерінің ауа райы малға жайлы, тіршілікке ыңғайлы. Содан да болар, облыстағы ауылшаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы қарқындап келеді. Соған сай мал ұрлығы елеңдетіп отырғаны жасырын емес. Өткен жылы қолға түскен 76 қылмыстық топтың 148 мал ұрлығына қатысы бар екендігі дәлелденді. Атап айтқанда, құрамында 4 адамы бар Диханбаев қылмыстық тобы Еңбекшіқазақ ауданының жұртшылығын қан қақсатып, 7 мал ұрлығын жасаса, осы ауданның аумағында Керімқұлов пен Найманқұловтың тобы 11 мал ұрлығын жүзеге асырған. Ал құрамында 5 адамы бар Дәулетбақовтың тобы Кеген ауданында 5 рет мал ұрлап ұсталса, Үйғыр ауданында 5 адамдық Дынисбаевтың тобы 40 бас жылқыны айдап бара жатқан жерінен қолға түскен. Олардың тағы 18 мал ұрлығына қатысы барлығы анықталды.

Былтыр наурыз айында Ақсу ауданында 8 мал ұрлығын жасаған Намазбековтың қылмыстық тобы ұсталды. Құрамында 7 адамы бар қылмыстық топ малды жайылымнан әкетіп отырған. Осы ауданда екі адамнан құралған Сайлыбаев қылмыстық тобы 10 мал ұрлығын жасап, қарапайым халықты зар қақсатқан. Сондай-ақ, Қаратал ауданында 10 мал ұрлығын жасаған Пұсырманов қылмыстық тобы және 41 бас ірі қараны қолды қылған Керейхан қылмыстық тобы полицияның қырағы назарынан құтылмады. Ұсталғандардың бәрі де қылмысын мойындап, жасаған ұрлығы үшін өкінетіндіктерін жеткізді. Бірақ қылмыстың жазасы жеңіл емес. Мал ұрлаған қылмыскерлер лайықты жазасын алып жатыр. Оның үстіне қазір ҚР Қылмыстық кодексіне қосымша бап қосылып, мал ұрлығына берілер жаза күшейтілді.

Келтірілген мәліметтер мен деректердің бәрін облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі таратты. Мамандардың айтуынша, мал ұрлығы көбіне иесінің бейқамдығы мен самарқаулығынан орын алады. Өйткені, бағусыз жүрген, қараусыз қалған түлікті әкету ұрылар үшін өте оңай. Сондықтан ең алдымен әрбір ауыл тұрғыны малының күзетіне мұқият болуы керек. Дегенмен, былтыр облыс полициясы тұрақты жүргізілген іс-шараның арқасында алдыңғы жылы орын алған мал ұрлығын ашып, 1692 бас малды иелеріне қайтаруға ықпал еткен. «Қайтқан малда қайыр бар» деген осы болса керек. Өз иелерін тапқан малдың 424-і жылқы болса, 245-і ірі қара, 1013-і қой мен ешкі. Осыған қарап, ұрылардың мал талғамай әкете беретінін байқау қиын емес.

Жалпы, біздің елімізді өте жағымсыз әрі жұқпалы әдеттің елесі кезіп жүр. Ертеректегі орыс бүлікшілері айтқан: «Ресейді төңкерістің елесі кезіп жүр» – деген сөзге ұқсас пікірді әдейі айтып отырмын. Себебі, мал ұрлығы облыстың барлық аудандарында орын алып жататыны анық.

Расында ұрлық оңай табыс табудан туындайтын әлеуметтік-психологиялық әрекет екендігі белгілі. Ендеше: «Біз неге оған ұрындық?» деген сауалды өзімізге қойып көрсек, бір-бірімен тығыз байланысты, тікелей қоғамдық қарым-қатынасқа апаратын көптеген мәселенің шеті ашылады.

Мемлекетіміз тәуелсіздік алған 90-шы жылдардағы ауыртпалық, тұрмыстық жетіспеушілік көпшіліктің көңілінен шыға қойған жоқ. Сол тұста ең алдымен табыс табуды алға қойған еліміздің телеарналары халықтың рухани сұранысын шетелдік телесериалдар арқылы қамтамасыз етті. Ондағы бай мен кедейдің арасындағы теңсіздік, тонау, ұрлау, жымқыру, бопсалау секілді жуан жұдырықтың күшіне сенетін жағымсыз әдеттер өскелең ұрпақтың санасына елеулі әсер еткенін енді байқап жатырмыз. Сол жылдардың нәтижесі енді шығып жатқаны бұлтартпас шындық. Қыздарымыздың ерте есеюге ұмтылуы, әсемдігін арсыз әрекеттерге айырбастауы, жас некенің жылдам бұзылуы мен отбасылардың оңай ажырасуы шетелдік сериалдардың берген тәлімі мен тәрбиесі екендігін ұғыну аса қиын емес ойланған жанға. Мал ұрлығымен бүгінгі күні жаппай ел болып күресуіміздің де артында 90-шы жылдары баршамызды көк жәшікке телміртken шетелдік сериалдардың нәтижесі жатыр. Тіпті, сол жылдары сериал қарап отырған халықтың қорадағы малын жетектеп кеткен ұрылардың тапқырлығын жыр қылып айтудың астарында мал ұрлығына үйретудің жасырын белгілері жатқандай көрініп кетеді. Сондықтан жаман әдеттен арылу, ұрлықтан тыйылу қоғамның өзіне тікелей байланысты. Оның нақты нәтижелері де көрініп жатыр. Қазір Панфилов ауданына қарасты Қоңырөлең ауылының жастары ауылдағы ұрлыққа қатысы бар деген адамдармен әңгімелесіп, аядай ғана ауылдың берекесін кіргізіп отыр. Өткенде сол ауылдың жайын жақсы білетін бір жігіт айтып қалған мәліметтің өміршең болғанын тілейік, қазіргі ауылдың ақсақалды қариялары мен жанашыр азаматтарына осындай үлгі алатын қадам керек-ақ.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың мал ұрлығын түбегейлі жою үшін заңнамаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге тапсырма беруіне байланысты ҚР Қылмыстық кодексіне мал ұрлығына қатысты арнайы бап енгізілді. Яғни, енді мал ұрлығын жасаған адамға кешірім жоқ. Бұрынғыдай мал иесінің кешірімін алып, заңды айналып өту енді болмайды. Мал ұрлығына қатысы бар адамдардың бәрі де жазаланып, 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Соған қоса бар мүлкі тәркіленіп, жәбірленушінің шығынын өтейді. Сондай-ақ, мал тасымалдаумен айналысатын жүк көліктерін енді жергілікті полиция қызметкерлері толық тексеріп, ішіндегі тұяқты малдың деректерін бөлек-бөлек анықтайтын болады. Бұл мал ұрлығын тыюдан туындап отырған қадамдар. Одан бөлек, қазір кей аудандарда мал иесі – тәртіп сақшысы – малшы арасында үш жақты келісім жасауға негізделген шаралар қолға алынуда. Оның артында тұяқты малдың қолды болуынан сақтанудың жолы жатыр.

Енді адамзатты тура жолға салып, жаман әдеттен жерінуге үндейтін Ислам дінінің шарттарына тоқталайық. Шариғатта ұрлық жасаған адамға кесілетін жаза ауыр. Шығынды өтеуден бөлек, ұрының қолын білектен төмен шабудың негізінде қолының жымқырмасы бар адамды елдің алдында қарабет қылып масқаралау жатыр. Қасиетті Құран Кәрімнің «Мәида» сүресінің 38-аятында: *«Ер мен әйел ұрының қылмыстарына бір жаза әрі Алладан бір өнеге түрінде қолдарын кесіңдер! Алла тағала аса үстем, хикмет иесі»* – деген бұйрық райлы сөз келген. Жаратқан Алла тағаланың адам баласының бейбітшілікте, тыныштықта, тұрақтылықта өмір сүруіне берген талаптарының қатарына кірген осы бұйрықтың маңызы зор деп білу керек. Сонда ғана қарапайым еңбек адамының түн ұйқысын төрт бөлдірген, аузынан үрлеп алып өсірген төрт түліктің ұрлығы тоқтайды.

• Былтыр облыс полициясы тұрақты жүргізілген іс-шараның арқасында алдыңғы жылы орын алған мал ұрлығын ашып, 1692 бас малды иелеріне қайтаруға ықпал еткен. «Қайтқан малда қайыр бар» деген осы болса керек. Өз иелерін тапқан малдың 424-і жылқы болса, 245-і ірі қара, 1013-і қой мен ешкі. Осыған қарап, ұрылардың мал талғамай әкете беретінін байқау қиын емес.

• Енді мал ұрлығын жасаған адамға кешірім жоқ. Бұрынғыдай мал иесінің кешірімін алып, заңды айналып өту енді болмайды. Мал ұрлығына қатысы бар адамдардың бәрі де жазаланып, 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Соған қоса бар мүлкі тәркіленіп, жәбірленушінің шығынын өтейді.

◆ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨРМЕ

ЭКСПО құрылысы басталды

Бүкіләлемдік ЭКСПО көрмесі бір жарым ғасырдан аса уақыттан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт аралығында олардың танымалдылығы артты. Тіпті, көрмелерді әлем чемпионаттары және Олимпиада ойындарымен салыстыратын болған. Сарапшылардың есептеуінше, 1851 жылы Лондонда алғашқы көрмені өткізгелі бері ЭКСПО-ға бүкіл әлемнен миллиардтан аса адам келген.

Қажет АНДАС

Жұртшылықты техникалық жаңалықтарды алғашқылар қатарында тамашалау мүмкіндігі қызықтырады. Дәл осы ЭКСПО-дан кейін телефон, рентген аппараты, сыдырма ілгек, балмұздаққа арналған вафлиден жасалған стақан, телехабар тарату, сенсорлық экран және тағы да басқа дүниелер біздің күнделікті тұрмысымызға жол тартқан.

Бұған дейін бүкіләлемдік көрмелерде жұртшылыққа жоғарыда аталғандарға қоса «Singer» тігін машинасы, дизель моторы, электр розеткасы, Попов радиосы, Люмьер ағайындыларының киноқондырғысы, Ладыгиннің қыздыру шамы, алғашқы сериялық теледидар, IMAX жүйесі және IBM компьютерлері таныстырылған еді. Өзімізге үйреншікті болып кеткен осы заттардың барлығы көрмелердегі көрсетілімнен кейін коммерциялық қолданысқа түсті. 2017 жылы Астана қаласында өткен көрмеден кейін адамзат баласы жаңа энергия көздерінің адамзат өркениеті мен болашағына тигізетін әсерін толықтай сезініп, жаңа өмір сүру дағдысына жол ашты.

Сол жылы ЭКСПО-ны өткізу міндеті Біріккен Араб Әмірліктеріне тапсырылып, Дубай қаласы жеңіп алған еді. Жуырда Дубайдағы ЭКСПО – 2020 көрмесінің алғашқы павильонының құрылысы басталды. Араб түбегінде бірінші рет ұйымдастырылатын ЭКСПО көрмесі Дубай қаласында биылғы 20 қазаннан 2021 жылдың 10 сәуірі аралығында «Болашақ үшін сана-сезімді біріктіру» тақырыбында өтпекші. Оның ішінде, «Мүмкіндік», «Мобильділік» және «Тұрақтылық» деген тақырыптарға негізделген. Бүгінде көрмеге 150 мемлекет қатысады деп күтілуде. Ұйымдастырушылар көрмені 25 млн. адам тамашалайды деп болжам жасап отыр. Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) Дубайдағы ЭКСПО – 2020 көрмесіне қатысу үшін қазақстандық павильонның құрылысына ең үлкен жер телімінің бірін ұсынды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Біріккен Араб Әмірлігіне сапары барысында Қазақстанның ЭКСПО – 2020 дүниежүзілік көрмесіне қатысуы туралы келісімшартқа қол қойды. Соның арқасында Әмірліктер тарабы қазақстандық павильонды құру үшін БАӘ, Монако, Швейцария және Люксембург павильондарының жанында орналасқан жалпы көлемі 3420 шаршы метр құрайтын ең ауқымды жер телімін бөлді.

Жұртты елеңдеткен көрменің басталуына да санаулы ай қалды. Перу мемлекеті Дубайдағы ЭКСПО – 2020 көрмесінде жерді қастерлеудің дәстүрлі рәсімі бар павильонның құрылысына кірісті. Салтанатты іс-шараға Перу Сыртқы сауда және туризм министрі Эдгар Васкес, Перу туризм және экспортты дамыту агенттігінің (PROMPERÚ) атқарушы президенті Альваро Силва Сантистебан, БАӘ-дегі Перу сауда және туризм жөніндегі директоры және Перу бас комиссарының ЭКСПО – 2020 бойынша орынбасары, сондай-ақ, басқа да жоғары лауазымды шенеуніктер қатысты.

"Уақыттан тыс және мәңгілік Перу" тақырыбы аясындағы павильон бірегей архитектуралық дизайнда ұсынылады. Павильонда Перудің өткені, қазіргісі және келешегі арасындағы байланысты біліктіретін көпір болады. Перудің ЭКСПО – 2020 көрмесіне қатысуы туризмді дамытуға, экспортты кеңейтуге және инвестиция тартуға бағытталған.

Дүниежүзілік көрме елдің әлемдік нарықта позициялануына және мырыш, жүзім, лебеда, асшаян және анар сияқты Перу тауарларына сұраныстың артуына тамаша мүмкіндік береді.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

№8
(18716)

Сейсенбі,
21 қаңтар,
2020 жыл

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆ ТҰСАУКЕСЕР

Қарасай ауданына қарасты Батан ауылы маңында Қаскелең қаласы мен өңірдегі елді мекендердің тұтынушыларын және Қарасай мен Іле аудандарының өнеркәсіп-индустриялық аймақтарын электр қуатымен жүйелі түрде жабдықтау мақсатында салынған «Қаскелең 220» қосалқы стансысы іске қосылды. Ашылу салтанатына «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ арнайы қатысты.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ҚОСАЛҚЫ СТАНСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

«Қаскелең 220» деген атауға ие болған, ал техникалық тілмен айтқанда ПС-220/110/10КВ қосалқы стансысының бой көтеруі – өңірдің өркендеуімен тікелей байланысты. Тұрғындар санының еселеп өсуі, Жамбыл, Қарасай және Іле аудандарында өнеркәсіп нысандарының артуы, Алматы қаласындағы өндіріс орындарының облыс аумағына көшірілуі электр қуатына деген сұранысты арттырғаны белгілі. Бұрынғы қолданыстағы қондырғылар мен желілер бұл мақсатты жүзеге асыруға жеткіліксіз болатын.

Осы орайда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрамындағы «Самұрық Энерго» АҚ-на қарасты «Алатау Жарық компаниясы» мен Алматы облысы әкімдігі бірлесе отырып аталған ірі жобаны жүзеге асырды. Бұған республикалық бюджеттен 4,7 млрд. теңге қаржы бөлінген. Қуаттылығы 2х125МВА болатын трансформаторлармен жабдықталған қосалқы стансының бір жүйелі желілері 101,4 шақырымды, ал екі жүйелі желілері 4,25 шақырымды құрайды. Осы арқылы аграрлы аймақтан индустриалды-инновациялық өңірге айналып келе жатқан аудандар қажетті электр қуатымен толық әрі үзіліссіз қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

Қосалқы стансының ашылу салтанатына келген мәртебелі меймандар алдымен заман талабына сай қондырғылармен жабдықталған жаңа нысанды аралап, оның жұмысымен танысты. Мұнда қуатты кернеумен жұмыс істейтін күрделі құрылғылар орнатылған. Сонымен бірге тұтынушыларға көрсетілетін қызмет түрлерін жеңілдету, оларды сандық жүйеге ауыстырудың толық жүзеге асқаны аңғарылады. Атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалар үшін техникалық сараптаулар, электр желілерін қосуға қажетті құжаттарды қабылдау, тұтынған электр қуатының мөлшерін анықтау онлайн-режимде, ғаламтор арқылы жүзеге асырылады. Ахметжан Смағұлұлы мен Амандық Ғаббасұлы қосалқы стансыны іске қосып, жаңа жүйенің жұмысына сәттілік тіледі. Бұдан соң Ахметжан Смағұлұлы:

– «Қаскелең 220» жобасы Алматы қаласының батысындағы өндірістік аймақтың, Жамбыл, Қарасай және Іле аудандары тұрғындарының сұранысын толықтай өтейтін болады. Жалпы осы салада Қазақстанда іргелі істер жүзеге асуда. Атап айтқанда, Екібастұздағы ГРЭС-2-нің шетелдіктердегі үлесін толық мемлекет меншігіне сатып алып, үшінші блогін салуды қолға алдық. Шардара су электрстансысындағы жөндеу жұмысы аяқталғаннан кейін оның қуаттылығы 26 пайызға артады. Біз электр қуатын экспорттауға мүмкіндік алдық. Жалпы, Алматы облысының ел экономикасындағы алар орны ерекше. Аймақтың алдағы уақытта да өркендеуі үшін энергетика саласын дамытуға жылына 10 млрд. теңге инвестиция салу керек. Бұған біз үлес қосатын боламыз. Қосалқы стансыны салуға атсалысқан құрылысшыларға алғыс айта отырып осы жерде еңбек ететін мамандарға табыс тілейміз, – деп құттықтау сөз сөйледі.

Өз кезегінде Амандық Ғаббасұлы Ахметжан Смағұлұлына алғыс айтып, «Қаскелең 220» жобасының өңір үшін маңыздылығына тоқталды. Айтуынша, екі миллионнан аса тұрғыны бар облыста 20 аудан мен қала бар дейтін болсақ, соның ішінде Қарасай, Талғар, Іле аудандарында өндірістің 70 пайызы орналасқан. Демек, бұл өңірдің электр қуатына деген сұранысы өте жоғары. Әсіресе, Боралдай өндірістік аймағына жаңа инвестициялар тарту үшін қосымша қуаттың қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты «Алатау Жарық компаниясымен» алдағы уақытта Көкөзек бағытына жаңа желілер тарту жөнінде келісімдер жасалған. Бұл жоба жүзеге асатын болса аймақта индустрияландыру қарқыны арта түспек. Облыс басшысы, сондай-ақ, Қапшағай ГЭС-і, Райымбек ауданындағы Бестөбе су қоймасының мүмкіндіктері, Қапшағай қаласындағы сингапурлық компаниямен бірігіп жасалған 100 МГВ-тық күн электрстансысы, Еңбекшіқазақ және Іле аудандарындағы әрқайсысы 50 МГВ электр қуатын өндіретін күн қондырғыларының құрылысы жайлы жан-жақты баяндады. Ағыны қатты тау өзендерінің мүмкіндігін пайдалану болашақта атқарылар ауқымды шараның бірі. Талдықорған қаласында үйлерге жылу берумен қатар 400 МГВ электр қуатын өндіруге қабілетті жылу электрстансысын салу жүзеге аспақ. Осылайша облыс электр қуатын тұтынушы қатарынан өндіруші және өзге өңірлерге таратушы сапына қосылуы мүмкін.

«Алатау Жарық» АҚ-ның басқарма кеңесшісі, ардагер-энергетик Есберген Әбітаев та мамандарды құттықтап, энергетика саласын дамытуға көңіл бөліп жүрген Ахметжан Смағұлұлына ризашылығын білдіріп, жаңа қосалқы стансының өңір экономикасын дамытуға сүбелі үлес қосатынына сенім білдірді.

Қарасай ауданы

◆ ЖЕТІСУ, ЖЕРІМ-АЙ!

ТҰҒЫРЛЫ ӨЛКЕМ

Әр адамның туған жері өзі үшін жұмақ мекен. Мен тұрғыны қонақжай, кішігірім, өте қарапайым ауылдың 11-сынып оқушысымын. Туған жер дегенде көз алдыма, ең алдымен, ауылымның әсем табиғаты, туыстарым, тай-құлындай тебісіп өскен бауырларым, достарым елестейді.

Бала кезімде туған жер деген ұлы сөздің қадірін түсінбеген сияқтымын. Ұлылардан қалған құдіретті сөз бар: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген. Міне, теңіздей терең мағынасы бар бұл мақалды барлығымыз естіп жүрміз. Бірақ оның құдіретіне жете алдық па? Әрине, кейбіреулеріміз туған жер үшін жан беруге даяр патриотпыз, енді біреулеріміз Отан тұрмақ, өз ауылымыздан, намысымыздан мал мен жанымызды биікке қоямыз. Көпке топырақ шашқым келмейді, дегенмен, еліміздің ертеңі – болашақ ұрпақ.

Менің ауылым Балқаш көлінің жағасында орналасқан. Оны ел көптің біріккен жері болған соң «Көпбірлік» деп атаған. Менің балалық шағымның ең қызықты сәттері сонда өтті. Сіздер үшін жай ғана ауыл, ал мен үшін ол – жұмақпен пара-пар. Топырағына аунап, таза ауасын жұтып, үлкен ата-әжелерімізді иіскегенде сол кішкентай 5 жасар кезім жадымда қайта жаңғырады. Бұл жерде менің үлкен аталарым да тіршілік еткен. Сіздерге танымал, қазіргі кезде елімізге еңбегі сіңген, үлкен қызметте істеп жүрген ақын Әміре Әрін, жазушы Несіп Жүнісбайұлы, Кенжемұрат Дүкенбаев, Ришат Тұрғанбаев ағаларымыз да біздің ауылдан түлеген. Қара шаңырағымыз А. Байтұрсынұлы мектебінен білім алған түлектер және тағы да басқа аталмаған азаматтарымыз қаншама?!

Менің атам Рахымберлі әртүрлі аспаптарда ойнап, осы ауылда әкімшілікте қызмет етсе, кіші атам Қуантхан газет-журналдарды оқып, өзі өлең жазған екен. Бірақ еш жерге жарияламаған, әжем болса сыныққшы, емші болған. Осындай дарынды адамдардың ұрпағы болғанымды мақтан тұтамын.

Жанель РАХЫМБЕРЛИНОВА,
А. Байтұрсынов атындағы
орта мектептің
11-сынып оқушысы
Көпбірлік ауылы,
Қаратал ауданы

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Райымбек ауданына қарасты Сарыжаз орта мектебінде ұлағатты ұстаз, спорт ардагері Дүйсен Бозбашаевтың 60 жасқа толған мерейлі қуанышына арналған қазақ күресінен жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында облыстық жарыс өтті. Оған облыстың барлық аудан, қалаларынан 200-ден астам жас палуан қатысты.

Дүйсен Бозбашаев – Сарыжаз ауылының перзенті. Осында орта мектепті бітірген. Сарыжаз орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі әрі жаттықтырушы болып еңбек етіп келе жатқанына 35 жыл болды. Осы уақыт аралығында облыста, республикада, халықаралық деңгейде жұлдыздарын жарқыратқан көптеген палуанды, спорт шеберлерін тәрбиелеп, баулып, қанаттандырды. Дүйсен Бозбашаев бүгінде жоғары санатты ұстаз, 1 санатты жаттықтырушы. Өткен жылы Райымбек ауданы бойынша спорт саласында "Жыл адамы" атанды. Ол педагогика саласының үздігі. "Спортты дамытуға қосқан үлесі үшін" төсбелгісімен марапатталған.

Жарыстың салтанатты ашылуында Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Самат Сатылғанов, аудандық спорт бөлімінің басшысы Талғат Ақылов жас палуандарға сәттілік тіледі. Екі күнге созылған жарыстың қорытындысы бойынша Райымбек, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Қарасай, Кеген аудандары мен Қапшағай, Талдықорған қалаларының жас палуандары облыстың құрама командасына алынды. Олар сәуір айында Шымкент қаласында өтетін республиканың біріншілігінде облыстың намысын қорғайтын болады.

Қанат САТЫБАЛДЫ
Райымбек ауданы

◆ ЖӘРМЕҢКЕ

Сенбіде Талдықорғандағы коммуналдық базарда жұрттың қатары әдеттегідей көп болды. Қалаға жақын орналасқан елді мекендердің шаруа қожалықтары мен жекелеген тауар өндірушілер таза да құнары жоғары өнімдерін арзан бағаға сатылымға шығарды. Ал талдықорғандықтар үшін әр сенбі мерекемен тең. Жұрттың осы қуанышын облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов көріп, сатушылармен де, базарға ағылған жұртпен де әңгімелесіп, бағаны бағамдап қайтты.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ТИІМДІ САУДА-САТТЫҚ

Қажет АНДАС

Коммуналдық базар өкілдерінің айтуынша, мұнда 300-ден астам сауда нүктесі бар. Десе де, бұл күні өз өнімін саудалауға келетіндердің саны одан әлдеқайда көп. Оның үстіне, мұнда зейнеткерлерге орын тегін ұсынылады. Осындай жақсы жағдайдан хабардар алыс аудандардағы шаруа қожалықтары да өнімін сенбі сайын осы жерге әкеліп саудалауға үйреніп алыпты.

– Аптаның басқа күндері шаруа қожалығының шаш-етектен келетін шаруасын ыңғайлаймын да сенбі сайын ет және сүт өнімдерін коммуналдық базарға әкеліп саудалап тұрамын. Қазір өзімнің тұрақты сатып алушыларым бар. Арасында келе алмай қалсам, олар мені іздеп қалады. Бұл базардың бір тиімділігі – біз өз өнімімізді сатып бір қуансақ, тұтынушылар арзан тауар алып, екі қуанады, – дейді Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылының тұрғыны, «Наурызбаев» шаруа қожалығының иесі Бибігүл Наурызбаева.

Базарды Лаззат Махатұлы толық аралап шықты. Сатушылармен тілдесіп, сөреде ілулі тұрған өнім бағаларын қадағалап, сатып алушылардың қуанышына ортақтасты.

– Коммуналдық базардағы өнімдердің арзан бағада сатылып жатқанын көрдік. Делдалсыз сауда тауар өндірушілердің еңбегін ақтайды. Арзан тауарға қол жеткізген тұтынушылар да біраз қаржысын үнемдеп қалады. Сондықтан, бұл базардағы жұмысты бұдан ары да ширатып, өз деңгейінен түсірмеу керек. Бұл қаладағы азық-түлік бағасын тұрақты ұстап, тұрғындардың жаздай істеген жұмысына орай нәпақасын табуға мүмкіндік береді, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Сенбілік сауда таң атқаннан кеш батқанша бір тынған жоқ. Демек, жұрт қалауынан шыққан, сатушыны да қуантқан, бір сөзбен айтсақ, екі жаққа да тиімді сауда-саттық алдағы уақытта да жалғасын табары анық.

• Ой-өрім

Жасыңда албыртсың – жасамысыңда салғыртсың.

Дулат ДАРХАН

◆ БІЛІМ

ҰСТАЗДАР ҚОЛДАУЫ

Жуырда «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданғаны белгілі. Осыған орай облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымы «Ұстаз мәртебесі – ұлт беделі» атты форум ұйымдастырды.

Алма ЕСЕНБАЕВА

Көксу ауданының Балпық би ауылындағы Қ. Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясында өткен шараға 200-ден астам ұстаз қатысты. Форум барысында облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы Садық Әбдіқадыров сөз алып, «Педагог мәртебесі туралы» Заңның 21 баптан, 4 бағыттан тұратынын айтып, ұстаздарымыздың құқығы заң аясында қорғалатынын жеткізді.

– Бір жылдан астам уақыт көпшілік талқылауына түскен заң жобасына мұғалімнен бастап, барлық білім беру саласының қызметкерлері ұсыныстарын білдірді. Заңда көпшіліктің талаптары ескерілді. Ұстаздар енді өзіне тән емес жұмыстардан босатылатын болды. Заң аясында кәсіподақ ұйымы жұмыс істеп, мұғалімдер құқығын қорғайтын болады, – деді қоғамдық бірлестіктің басшысы Садық Нұрсапаұлы.

Шарада Көксу аудандық білім бөлімінің басшысы Тілеумұрат Сейітниязов мұғалім құқығын қорғайтын заңның қабылдануымен аудан ұстаздарын құттықтады. Ал, Қ. Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясының директоры Мұратбек Төлекенов өзі басшылық жасап отырған еңбек ұжымы аталған Заңды қуанышпен қабылдағанын жеткізді.

Қ. Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгүл Иманбаева және аудандық кәсіподақ филиалының төрағасы Мирас Рахымжанов та аудан мұғалімдері атынан алғыстарын білдірді.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек».

◆ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

СЫЛБЫРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



Сарқан қаласындағы аудандық Мәдениет үйіне жиналған көпшілік аудан әкімі Марат РАЗБЕКОВТЫҢ есепті баяндамасын тыңдап, өңірдің бүгіні мен келешегі жөнінде кең мағлұмат алды. Есепті жиынға облыс әкімінің орынбасары Бағдат МӘНІЗОРОВ қатысты.

Өткен жылы аудан бойынша 1,9 миллиард теңгеге 85 дана әртүрлі ауылшаруашылық техникасы сатып алынды. Негізгі капиталға 8,5 миллиард теңге инвестиция тартылды. Құрылыс саласында 6000 шаршы метр тұрғын үй іске қосылды. Жыл басынан 9,4 миллиард теңгеге құрылыс жұмыстары орындалды немесе былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есеге өсті.

Бүгінгі күні аудандағы 26 елді мекен орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамтылған, бұл аудан бойынша 72,2 пайызды құрайды. 2020 жылы Еркін және К. Қазыбаев ауылдары орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылып, қамтылу деңгейі жоғарылауы тиіс. Аудандағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының ұзындығы 998 шақырым, соның ішінде, 57 шақырымы республикалық маңызы бар, 532 шақырымы облыстық маңызы бар жолдар, 409 шақырымы аудандық және елді мекендердің көше жолдары. Өкінішке қарай, жол сапасы бүгінгі талапқа толық жауап бермейді. Облыстық маңызы бар жолдарды жөндеуге және оны күтіп ұстауға 2019 жылы 800 миллион теңге, аудандық маңызы бар жолдарға 336,6 миллион теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Баяндамашы бұдан әрі мәдениет саласының, жастар ресурстық орталығының жұмыстарына көңіл бөлді. Сарқан аудандық жастар ресурстық орталығы 2019 жылы 15 460 жас қатысқан 519 әлеуметтік маңызы бар шара ұйымдастырды. Олардың арасында республика бойынша тұңғыш рет Жастар жылына орай «Жастар шыңын бағындыру» тақырыбымен 2 күндік туристік жорық жүзеге асырылды. Сонымен қатар, жыл басынан бері еріктілердің бастамасымен 30-ға жуық ардагер мен қарттарға көмек көрсетіліп, қайырымдылық және тазалық акциялары іс жүзіне асты.

Марат Мелісұлы есепті баяндамасында биыл атқарылатын шараларды саралап берді. Ауылшаруашылық саласы бойынша өнім көлемін арттыру, мал шаруашылығын дамыту, өнеркәсіп саласын ілгерілету бағытындағы басымдық берілген міндеттерге тоқталды. Үстіміздегі жылы 9 миллиард теңгеге инвестиция тарту болжануда. Бұл бағытта «МТиК» ЖШС су электр стансысын салу жобасы инвестициялық жоба ретінде танылды. Жобаны іске асыру барысында 20 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Аталған жобаны іске асыру үшін жеке қаржы есебінен 6 млн. 960 мың АҚШ доллары көлемінде қаражат тартылады. «АЗИЯ ГОЛД» ЖШС 2019-2020 жылдары қуаттылығы маусымына 200 тонна дайын өнім болатын дәрілік шөптерді қайта өңдеу зауытын салу, сондай-ақ, салынып жатқан зауытты шикізатпен қамтамасыз ету үшін көлемі 400 гектардан кем емес жер учаскесінде дәрілік түймедақ өсіру жобасының іске асырылуын жоспарлап отыр. Жобаны іске асыру барысында 30 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Аталған жобаны іске асыру үшін жеке қаржы есебінен 442,7 миллион теңге көлемінде қаражат тартылады.

«ВЭС 50 Мвт «Абай 2» ЖШС 2019-2020 жылдары қуаттылығы 50 МВт болатын жел электр стансысының құрылысы жобасы іске асырылуы жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру үшін жеке қаржы есебінен 19,4 миллиард теңге көлемінде қаражат тарту және 15 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. «Jetisu Beef» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2019-2021 жылдары 10 000 бас ірі қара малға арналған 3 бордақылау алаңын салу, етті бағыттағы малдың өсімін көбейту, мал шаруашылығын дамыту жобасын іске асыруды міндетіне алды. Жобаны іске асыру үшін жеке қаражат есебінен 50 млн. АҚШ долларын тарту және 150 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Баяндамадан соң залдан сұрақ қойған тұрғын жұртшылық көкейіндегі пікірді айтты. Жылу құбырлары жүргізілген көшелердің күйі сын көтермейді. Көктемгі, күзгі лайсаң да көпшілікке қолайсыздық туғызуда. Бұл сауалға орай аудан әкімі биыл қала аумағындағы 7 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілетіндігін жұртшылыққа жеткізді. Есепті баяндаманы талқылауға жиналғандар атынан сөз алған аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбеков әкімнің өткен жылғы жұмысына қанағаттанарлық баға беруді ұсынып, Қарабөгет, Лепсі ауылдық округтерінің ауызсумен толық қамтылмағандығын ескертті.

Жиынды қорытындылаған Бағдат Сайланбайұлы облыста атқарылған жұмыстарға тоқтала келіп, Сарқан ауданының алдағы алар асуларын саралап өтті.

– Ақсу қант зауытының іске қосылуына байланысты қызылша көлемінің арта түсуі заңдылық. Өнімін өткізіп, төлемақысын ала алмай жүрген шаруа қожалықтары болмауы тиіс. Мұндай сылбырлыққа жол берілмейді, – деген облыс әкімінің орынбасары ауданда жүзеге асырылатын ауқымды жобалардың бірқатарына тоқталып, залдан түскен, жарыссөзде көтерілген мәселелердің аяқсыз қалмайтындығына сендірді.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

ТӨЛ ДЫБЫСЫМЫЗДЫ ҚАЙТАРАТЫН ҚАРІП



– «Ағынды менің Ақсуым, арқырап әлі ағарсың».

– Жоқ, «Ағынды менің Ақсуым, ақырып әлі ағарсың», – деп қолданғандарың дұрыс.

– Менің ойымша, «арқырап» болуы тиіс. Өзен «арқырап» ағады емес пе?!

Осылайша «Уатсаптағы» Ілияс Жансүгіровтың 125 жылдығын өткізуге атсалысатын топ бір мәмілеге келе алмай біраз «айтыстық». Ақырында өлеңнің тұнұсқасын тауып, соған жүгінуді дұрыс көрдік. Бұдан кейін де бірнеше өлеңнің сөзіне байланысты талас-тартыс туындап, ақыр соңында Ұлттық кітапханамен тығыз қарымқатынаста жұмыс істейтін жас ғалымға тапсырма беріліп, латын қарпінде шыққан нұсқаға жүгіндік.

Гүлжан ТҰРСЫН

Осы ретте Абай Құнанбай өлеңдеріндегі кейбір сөздердің де анығына жету үшін түпнұсқаға іздеу салынды. Өкінішке қарай, көптеген сөз әріптік қатенің кесірінен мүлде өзгеріп кеткен. Кейін «Ілияс ізімен» экспедициясының құрамында Ресейге барып, ақынның кітаптары мен «Тілші» газетіндегі аты аңызға айналған журналистердің мақалаларын таптық. Тағы да латын қарпі мәселесі алдымыздан шықты.

Табылған мақала, әңгімені бірден газетке ұсынайық десек, біздегі басылымдардың барлығы кирилл қарпінде. Егер осы дүниелерді түпнұсқа күйінде газетке баса қойсақ, жер бетінде тарыдай шашырап жүрген миллиондаған қандасымыз төл әдебиетіміздің жауһарымен сусындар еді-ау деген ойға қалдық.

Әлемнің ең дамыған 20 елінің 18-і латын әліпбиінде газет-журнал шығаратынын ескерсек, сыртпен байланысымыз біраз шектеулі екенін аңғарамыз. Кітапханада Ілияс Жансүгіровтың «Құл» деген кітабы қолға түсті. Оқи бастадық: «Құл қазіргі Алматы облысы, Лепсі ауданындағы қоныстаған бұрынғы Найман руының ішіндегі Садыр, Түгелбай, Буат, Қара Құлақ, Тобышақ деген елдерден келіп шығады. Туған жері – Лепсі өзенінің оң жағындағы Мақаншы деген жер».

Түк те қиындығы жоқ. Оқуға болады екен. Ниет болса, оп-оңай. Латынды қабылдасақ, әдебиет пен мәдениетіміздің қоры толығып, түркі әлемімен біте қайнасып кетер едік. Ілекеңнің әңгімелері мен мақалаларын оқып отырып жақұтқа тап болғандай күй кештік. Туған өлкенің табиғатын суреттегенде көңіл-күй жетегінде қазақы теңеулер қолданады. Тілге жеңіл, жүрекке жылы. Дыбыс үндестігі де ұғынықты. Өлеңдері әуезді. Мұның бәрі бізге латын қарпінде таңбалаудың артықшылығы екені айтпаса да түсінікті болып тұрды.

Біздің буын кириллмен сауат ашты. Басылымдарда орыс тілінен енген сөздерді сол қалпында, жіңішкелік және жуандық белгісімен жазатын болдық. Сөйлегенде тіпті қиналдық. Қазақ тілінің 28 дыбысы 42 таңбадан тұратын ұзыншұбақ әліпбиде орысша дыбысталады. Тіліміздің әуезі бұзылды. Бұл орайда Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылғы «Қазақ» газетінде: «Ресей тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, үкіметке онан артық іс болмас», – деп «тілді отарлау» саясатынан қорыққан еді. Заманынан оза туған ойшылдардың сөзін ол кезде кім ескерді, кім еледі, кім тыңдады?! Бірақ айтқандары айдай келіп, сөздің айтылуымен бірге ой-санамыз орыстанды, тіліміз шұбарланды. Бүгінде одан да сорақысына тап болып жүрміз. Соңғы жылдарда өзімізде жарық көрген орфографиялық сөздікте төл дыбыс үндестігіміз мүлде бұзылды. Мысалы, айтылуы әп-әдемі ләзім деген сөзді сөздік бойынша «лазым» деп жазуымызға тура келеді. Өйткені, қазақ газеттері сөздерді Қазақстанда шығарылған орфографиялық сөздікке сүйене отырып, бірізділікпен жазады. Сондай-ақ, тәмам «тамамға», хәкім «хакімге» айналып кетті. Кей журналистер сөзді қазақы қалпында жазып, оны корректор «бірізділікке» түсірмеген жағдайда газет шыққан соң емле қателігіне байланысты мәселелер туындап жатады. Мынау «газет тіліне келмейді» деп кейбір ауызекі сөздерді мақаланың ішінен күзеп тастаймыз. Ой нақты емес болып, жетеге жетпей жатады. Ал қазақ, әсіресе, бұзақыны тезге салғанда немесе араздыққа араша түскенде «айтпаса сөз атасы өледі» деп ойды бүкпесіз, сол қалпында жеткізбеп пе еді?! «Ішегің шықса да айтайын» деп те сөз сабақтайтын кезіміз болады. Бұдан біз сөз құдіретінің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Өкініштісі, кирилл қарпі қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясын алшақтатып тастады.

> *Анар ФАЗЫЛЖАНОВА,*
> *филология ғылымдарының кандидаты:*
>
> *«Латын әліпбиінде сөзді басқа тілдің ережесімен жаз деген стереотип жоқ. Сондықтан латынға таза тілтанымдық тұрғыдан көшуіміз керек. Сонда шет тілден енген сөздерді игеру механизмі қайтадан іске қосылады, тіліміздің иммунитеті күшейеді».*

Баршаға ортақ, түсінікті тілде сөйлейміз деп ұлттық бірізділік пен қазақы қалпымыздан арылып қалғанымыз рас. Латын әліпбиіне ауыссақ, қазақ тілінің табиғи мазмұнын сақтап, ұлттық санамызды қалпына келтіретініміз анық. Өзімізді орыс тіліне деген тәуелділіктен арылтамыз. Артық дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, емле ережелерді қайта қарап, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтасақ несі айып?!

Мұндайда қазақ «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» демеуші ме еді?! Сондай-ақ, әлем бойынша, математика, физика, химия формулалары, терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер латын әліпбиінде таңбаланады. Әрбірден соң күнделікті өмірімізде кездесетін, дәрігердің «нақтамасы» да латын қарпімен жазылады емес пе?!

Әліпбиді қолданысқа енгізу үшін жаңалық ашудың қажеті жоқ. Бұрынғы әдісті қолдансақ жеткілікті. Мысалы, өткен ғасырдың 20-30 жылдарында латын графикасына негізделген әліпби қолданысқа енгізілді. Бұл орайда «Жаңа түрік әліппесінің комитеті» құрылды. Нәтижесінде «Жаңа түрік әліпбиі» атты кітап шығарылып, мектептерде оқытылды. Барлық мемлекеттік мекемелер мен оқу орындарында «Жаңа әліпбишілер үйірмесі» немесе «Латыншылар үйірмесі» ашылған. Осы үрдісті қайтадан енгізсек болды емес пе? Оған біздің елдің мүмкіншілігі әбден жетеді. Аталмыш әліпби арқылы ғылыми, экономикалық әлемімізді кеңейте аламыз. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру арқылы ұрпақты оқу-білім және ғылымға бағыттаймыз.

Осыдан бірер ай бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев латын графикасына негізделген жаңа қазақ тілі әліпбиін жетілдіруді тапсырғаны белгілі. «Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек», – деді ол. Бұл орайда арнайы мамандар жұмыс жасап жатқаны белгілі. Десе де, жер-жерлерде курстар ашылып, оқыту жұмысы жүргізілсе құба-құп.

Егеменбіз! Өз елімізде өзімізге пайдалы шаруаны шешуге мүмкіндігіміз бар. Латын бізге бөтен емес. Бірден сыдыртып оқып кетпесек те «жетекке» жүретініміз анық. Ең алдымен ниет керек. Күнделікті ғаламтор желісіндегі әңгімеден халықтың латын қарпін меңгеруге деген ынта-ықыласы байқалады. Ендеше, алпауыт елдермен тереземізді теңестіретін, білім-ғылымға барынша жол ашатын, түркі халқымен етене жақындастыратын, шетте жүрген қандастарымызбен ой жалғастыратын қаріпті неге оқып, үйренбеске?! Ендеше, дәстүрдің озығына қол созайық!

◆ЖҮРЕК СӨЗІ

ҰСТАЗ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ



Әр адамның бала шақтан көкейіне ұя салған арманы болады. Өсіп, қанатың қатая келе ол арман мақсатқа айналады. Арман қол жетпес асудай болып көрінгенімен адамды жігерлендіріп, қайраттандырып, алға ұмтылдыратын ерекше бір күш. Армандап, алға мақсат қоя білу, ол – болашаққа деген жарқын жолдың баспалдағы.

Сол себепті бұл дүниеде армандамайтын адам жоқ шығар, сірә? Әр пенде армандайды, оған жету үшін түрлі әрекеттер жасайды, талпынады. Сол адамдардың қатарында мен де бармын. Менің арманым – ұлағатты ұстаз болу. Төл тіліміз – қазақ тілі мен асылымыз болып саналатын әдебиетімізді тереңдетіп меңгеріп, біліміне білігі сай, ісімен үлгілі, қарапайымдылығымен құрметті, жаңашыл ұстаз болсам екен деп армандаймын.

Мен мұғалім болу жауапкершілігі мен міндеті мол мамандық екенін жақсы түсінемін. Себебі, бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, ар-ұят, әдептілік, ұлттық құндылықтарымызды сіңіруші – мұғалім. Олардың басты міндеті – тарыдай болып келіп мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерден ойы жетіліп толысқан, терең біліммен сусындаған, жақсы мен жаманды ажырата білетін шәкірттер тәрбиелеу.

Болашақта мен өз ісіне берілген, жаңалық пен жаңашылдықты жатсынбай қабылдайтын, шәкірттердің жанына нұр құйып, білім беретін білікті ұстаз болсам деймін. Сол мақсатқа қол жеткізу үшін ізденіс пен талпыныс үстінде жүрмін.

Ұстаз өз өмірін балдырғандардың игілігіне арнайтын жан деп білемін. Ол да диқан сияқты, әр адамның бойына білім дәнін себеді. Әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға қанатын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, өмір сүруге тәрбиелейді.

Ұлағатты ұстаз, білікті маман болу үшін тек жоғары білім ғана емес, жанжақты талпыныс пен еңбектенуге деген құлшыныс, білуге деген құштарлық, ізденімпаздық, бүлдіршіндерге деген сүйіспеншілік, өз-өзіне деген сенімділік керек екені анық. Осы қасиеттерге ие болу үшін адам оқудан, білім алудан еш жалықпау керек. Ұстаз шәкірттерін білімімен, басқа да ізгі істерімен, тұлғалық қасиетімен сүйсіндіре білуі қажет. Себебі, ол арқылы болашақ ұрпақты ұлы жеңістер мен үлкен жетістіктерге бағыттайды. Өмірдің биік белестерін бағындыруға жол бастайды.

Ұстаз – өмір шырағын жағып, басқаларға мейірім мен жылу сыйлайтын жан. Мен де болашақта жан-жағыма жылулық нұрын шашып, бүлдіршіндерді білім нәрімен сусындатсам деймін. Бүгінгі таңда алдыма қойған айқын мақсатым – біліміне білігі сай, беделді ұстаз болу. Сол арманыма жетсем екен...

Арнагүл САЛЫҚ,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік
университетінің студенті

◆ОЙ-ӨРІМ

• Атпаз көрген — ат таныр,
Ұстаз көрген — хат таныр.

• Ұққаның жақсы болса — жақының көбейеді.
Ұстазың жақсы болса — ақылың көбейеді.

• Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла.

◆АРДАГЕР

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Талдықорғанда ардагерлер кеңесінің өткен жылы атқарылған жұмыстарының қорытындысы шығарылып, алдағы міндеттер таныстырылды. Оған облыстық ардагерлер кеңесінің президиум мүшелері қатысып, жиынды аталған кеңестің төрағасы Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ жүргізіп отырды.

Қажет АНДАС

«Келісіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, өткен жыл облыс ардагерлері үшін табысты болды. Бүгінде облыстағы 220 мыңнан астам ардагердің мүддесін қорғап отырған ұйым жобаларды тыңғылықты атқарып, моральдық, материалдық тұрғыда көп қолдау танытты.

– Өткен жылды облыстық ардагерлер кеңесі нәтижелі аяқтап, бірқатар игілікті шара өткізіліп, елге ұйытқы, берекеге бастау болды. Айталық, ардагерлердің ұйытқы болуымен «Ұлт құндылығы – ұрпақ өзегі» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция, «Ұлы Дала өнері» атты ата-бабадан ұрпаққа жеткен қазақ қолөнер шеберлерінің байқауы, салауатты өмір салтын насихаттау барысында жер-жердегі ардагерлер арасында шахмат пен дойбыдан жарыс, облыстық тоғызқұмалақ федерациясының төрағасы болған марқұм Бекасыл Қозығұловтың 80 жылдығына орай тоғызқұмалақшылар сайысы, Балпық би бабамыздың 325 жылдығына орай «Бабалар сөзі – дананың көзі» атты батагөйлер жарысы, Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдығына орай республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция, Қазақстан халқы бірлігі күніне орай «Бірлік бар жерде – тірлік бар» атты «дөңгелек үстел», Қарттар күніне орай «Көп жасаған қария – ақылы терең дария» атты мәдени-мерекелік шаралар, тағы да басқа маңызды жиындар өтті. Сондай-ақ, қоғам қайраткері Жұмахан Балапановтың ескерткішінің ашылуы мен Жаскілен Қалиевтың кітаптарының тұсаукесерін өткізуге де ардагерлер үлкен қолдау танытты, – деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт.

Биыл ардагерлер үшін тағы да қызу еңбектің жылы болмақ. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ағымдағы жылы Ұлы Даланың ұлы тұлғасы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150, Алтын Орданың 750, Абай Құнанбаевтың 175, Жеңістің 75 жылдығы аталып өтеді. Бұл шараларға ардагерлер белсене қатыспақ. Өйткені, облысымызда бүгінде 72 соғыс ардагері бар. Оның 28-і соғыс мүгедегі және Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген локалды әскери күштерден 14 адам бар.

– Жеңістің 75 жылдығын өз деңгейінде атап өту үшін қазір ұйым жүйелі жоспар жасап, соған сай жұмыс басталды. Алдағы уақытта облыс бойынша соғысқа қатысқандар жайлы ескерткіш кітап шығару, облыстық «Жетісу» телеарнасынан «Қарттарым – асыл қазынам» атты бағдарлама бойынша көзі тірі соғыс ардагерлері туралы түсірілім жасап, елге насихаттау, республикалық «Ардагер айнасы» газетіне ардагерлер жайлы үзбей мақала жариялап тұру көзделуде. Әсіресе, облыстық «Жетісу» газетінің ішінен шығарылатын «Ардагер» қосымшасына соғыс ардагерлері үшін «Қаһарман майдангер», тылда еңбек еткендер үшін арнайы айдар ашуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, аудан, қала көшелеріне соғыс ардагерлерінің суретін іліп, жұртқа үлгі етпекпіз, – деді Ермек Әбілмәжінұлы.

Кеңес төрағасының баяндамасынан кейін көпшілік алдағы жоспарлар жайлы өздерінің қосар ойын айтып, тың ұсыныстарын білдірді. Көпшілікті облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаевтың:

– Биыл облыс әкімінің қолдауымен Жеңістің 75 жылдығына арнайы кітап шығаруды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, «Батырларға тағзым» атты ақындар байқауы, «Батырлар бейнесі» атты суретшілер байқауы ұйымдастырылып, облыстық театрда «Жәмила» атты жаңа спектакль дайындалуда. Бұрынғы қойылған туындылар жаңартылып, көрермен қайта ұсынылады, – деген жүрекжарды сөзі көпшілікті қуантып тастады.

Өткен жылды табыспен аяқтаған ардагерлер кеңесінің ағымдағы жоспары да ауқымды. Атқарылар іс алда көп.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

№21-22
(18730)
Бейсенбі,
20 ақпан,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады
www.7-su.kz
Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

◆ ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!

Бұқара мен билік арасына алтын көпір салған облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ ел алдындағы есеп беру жиыны Бикен Римова атындағы облыстық драма театрында өтті. Жетісу жұртшылығы үшін бұл күні театр есігі айқара ашылып, әкімнің есебін тыңдауға, елдің аманатын жеткізуге жер-жерден келгендердің қарасы көп болды.



БІРЛЕСКЕН ІС – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ тұрғындар алдында есеп берді

АйгүлБАЙБОСЫНОВА,
Алма ЕСЕНБАЕВА,
Қажет АНДАС

Алдымен аймақтың жыл бойы жеткен жетістіктері арқау болған бейнебаян арнайы LED экран арқылы көрсетілді. Бейнебаянда баяндалғандай, аймақта ауыл-шаруашылығы, кәсіпкерлік, инвестиция, экспорт, туризм, тағы басқа салалар алға басып келеді. Әлеуметтік саланың әлеуеті де артуда. Баспана кезегіндегі отбасыларды үймен қамту, елді мекендерге сапалы ауызсу мен көгілдір отын жеткізу жұмыстары да жүйелі жүргізілуде.

Ел алдына шыққан облыс әкімі Амандық Баталов аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерімен және алдағы уақытта іске асырылатын жұмыстарды таныстырды.

Әкім баяндамасынан байқағанымыздай, аймақта көптеген көңіл көншітерлік жұмыстар атқарылған. Сондай-ақ, елдегі әлеуметтік мәселелерді шешу бағытында да іске асырылып жатқан жұмыстар аз емес.

Алдымен: «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасын және Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы міндеттерді орындай отырып, экономикалық өсімге қол жеткізу және халықтың әл-ауқатын арттыру үшін барлық шара қабылданды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыстың жалпы аймақтық өнімі 4,5 пайызға өсіп, үш триллион теңгеден асты. Сондай-ақ, 48 мыңнан аса жұмыс орны құрылды, оның 31 мыңы тұрақты жұмыс орындары. Мемлекеттік бюджетке түсімдер 509 млрд. теңгеден асты, оның ішінде тек өзіндік кірістер 226 млрд. теңгені құрады», – деген Амандық Ғаббасұлы одан әрі хабарлама жасап, қалыптастырылған бюджет көлемін баяндады.

Айтуынша, биыл облыста 586 млрд. теңге көлемінде бюджет қалыптастырылып, оның 252 млрд. теңгесі жеке кіріс түсім есебінен болған. Бюджеттің 75 пайызы әлеуметтік мәселелерді шешуге және өмір сүруге қолайлы жағдайлар жасауға, соның ішінде 40 млрд. теңге жолдарды жөндеуге, 32,6 млрд. теңге тұрғын үй салу инженерлік желілеріне, 10,5 млрд. теңге сумен жабдықтауға, 3,2 млрд. теңге газдандыруға және 12 млрд. теңге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жандандыруға бағытталған.

Білім беруге арналған шығыстар 59 млрд. теңгені құраса, 25 пайызға еңбекақының өсуі ескеріле отырып, 266 млрд. теңгеге жеткен. Соның ішінде нысандар құрылысына қарастырылған қаражат көлемі де аз емес. Мәселен, бұл мақсатқа деп бөлінген қаражат 14 млрд. теңгені құрайды. Яғни, бұл көрсеткіш екі есеге жоғары. Соңғы бес жылда аймақта 75 мектеп салынып, соның 55-і үшауысымды оқытуды жою мақсатына арналған. Бұл жағдай бүгінде өткір мәселелердің бірі саналады. Мәселен, былтыр бірінші сыныпқа 48 мың бала барып, оқу орнының саны 20 мыңға өскен. Қазіргі кезде үшауысымды 38 мектеп бар. Биыл 11,2 млрд. теңгеге 13 мектеп салынып, оның 8-і үшауысымды оқытуды жоюға арналмақ.

Қалай десек те, бұл аздық етеді. Сол себепті жалпы құны 10,3 млрд. теңгені құрайтын қосымша алты мектептің құрылысын бастау көзделуде. Бұл мәселенің оң шешімін табуы бағытында жеке инвестициялардың есебінен жұмыс жүргізу қарастырылуда. Сонымен бірге Қаратал ауданында бастауыш мектеп және Қарасай ауданындағы Әйтей ауылында 1200 орынды мектеп мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында бой көтерген.

Саяжайлар мен шағын ауылдарда тұратын балаларды мектепке жеткізу мәселесі де өзекті болып отыр. Онда тасымалдаумен 15,7 мың оқушы қамтылған. Автобустардың да тозығы жетіп, қауіпсіздік мәселесі қамтамасыз етілмеген. Осыған байланысты 70 шақты жайлы автобус сатып алу қолға алынған. Бұл үшін бюджеттен 1 млрд. теңге бөлініп отыр. Нәтижесінде тозығы жеткен автобустар жүз пайызға жаңаланбақ.

Сондай-ақ, биыл оқу сапасын арттыру мақсатында мектеп оқушыларының робототехникамен, бағдарламалаумен және 3D модельдеумен айналысуы үшін жаңа түрдегі кабинеттер және 50 IT-класс ашуға 1,1 млрд. теңге көлемінде қаражат қарастырылған. Жекеменшік балабақшалар ашудың арқасында мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз ету деңгейі 98,4 пайызға өсті. Бұл көрсеткіш биыл жүз пайызға жеткізілмек. Бір сөзбен айтқанда, қала мен ауыл мектептерін тең жағдайға жеткізу бағытында барлық шара қолға алынуда. Өткен жылы оқу сапасы 65 пайызды құраған. Бұл әлі де болса жеткіліксіз. Сондықтан, бұл бағыттағы жұмыс күшейіп, одан әрі жандануы тиіс.

Денсаулық саласын дамыту бойынша да іске асырылып жатқан жұмыстар жеткілікті. Биылдан бастап барлық медициналық ұйымдар міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне көшті. Осы ретте медициналық мекемелерге сәтті қадам қалыптастыру негізгі мақсаттың бірі саналады. Талдықорған қаласындағы алтыншы шағын ауданындағы он алты қабаттан тұратын үйдің бірінші қабатында 320 адам қабылдауға арналған алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталығы ашылды. Биыл 3,8 млрд. теңгеге тоғыз дәрігерлік амбулатория және медициналық пункт салынатын болады. Маман тапшылығы да байқалады. Бүгінгі таңда 241 маман жетіспейді, оның 126-сы сирек дәрігер мамандары. Осы тұрғыда баспана мәселесі де өзекті саналып отыр.

(Соңы 2-3-беттерде).





◆ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ САЛАСЫ ДАМИДЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен кезекті Үкімет отырысы өтті. Онда 2021–2025 жылдарға арналған геологиялық барлау мемлекеттік бағдарламасы тұжырымдамасының жобасы, электрондық сауданы дамыту мәселелері және басым емес бюджет шығыстарын қысқарту шаралары қаралды.

Бірінші мәселе бойынша тұжырымдаманы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев таныстырды. Әзірленіп жатқан 2021-2025 жылдарға арналған геологиялық барлау мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан аумағының геологиялық зерделенуін қамтамасыз етуге, минералдық-шикізат базасын толықтыруға, жер қойнауын геологиялық зерттеуді ғылыми-зерттеушілік қамтамасыз етуге, автоматтандыру мен цифрландыруға, инфрақұрылымды дамытуға және геологиялық саланы кадрлық қамтамасыз етуге, сондай-ақ, халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджеттен 200 млрд. теңгеге жуық қаражат бөлу, сондай-ақ, шамамен 800 млрд. теңге жеке инвестициялар тарту көзделіп отыр. «Мұнай-газ және тау-кен металлургия секторларын тұрақты шикізат базасымен қамтамасыз ету қажет. Қазіргі бар кен орындары біртіндеп сарқылуда. Бүгінде Қазақстан аумағының зерттелу деңгейі 25 пайыздан сәл асып отыр», – деді Асқар Ұзақбайұлы.

Үкімет басшысы, сонымен қатар, кен орындарын ашқан кезде жаңа өндірістік кешендер құрылып, бұл 6 трлн. теңгеге дейін инвестиция тартуға және қосымша 20 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Соңында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне осы жылдың 31 мамырына дейін мемлекеттік бағдарламаның жобасын Үкіметке енгізу тапсырылды.

Электрондық сауданы дамыту бағытында жүріп жатқан жұмыстар жөнінде ҚР Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов баяндады. Белгілі болғандай, Қазақстанның электрондық сауда нарығы былтыр 1,8 есеге артып, 700 млрд. теңгеден асқан. Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауда үлесі алдыңғы жылғы 2,9 пайыздан былтыр 3,7 пайызға өскен. Былтыр Қазақстанда 3,2 млн. белсенді онлайн-сатып алушы тіркелген. Елде 2 мыңнан аса интернет-дүкен жұмыс істейді. Оның ішінде табыс салығын төлеуден босату түрінде салық жеңілдіктерін алу үшін барлығы 579 интернет-дүкен тіркелген. Сондай-ақ, қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемі 2,3 есеге артып, шамамен 14,4 трлн. теңгені құраған.

Өсім сауда POS-терминалдары инфрақұрылымының дамуымен, Қазақстан нарығына Apple Pay және Samsung Pay-дың шығуымен, банктердің бонустар мен кэшбектер арқылы клиенттерді ынталандыруымен, сондай-ақ, қоғамдық көліктің барлық түрінде қолма-қол ақшасыз төлемді белсенді пайдаланумен байланысты болған. Электрондық саудада 36,8 мың жаңа жұмыс орны ашылған. Үкімет басшысы бір апта мерзім ішінде өткен жылы қабылданған Электрондық коммерцияны дамыту жөніндегі 2025 жылға дейінгі жол картасын жандандыруды тапсырды.

Үшінші мәселе бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрі Әлихан Смайылов баяндады. Мемлекеттік органдардың, әкімдіктердің, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың жүргізген жұмыстарының нәтижелері бойынша қысқартуға ұсынылған шығыстардың жалпы сомасы 128,6 млрд. теңгені құрады, оның ішінде орталық мемлекеттік органдардан 23 млрд. теңге, өңірлерден 26,6 млрд. теңге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінен 79 млрд. теңге.

Асқар Ұзақбайұлы «Жергілікті бюджеттердің шығыстары бойынша әкімдіктер мәслихаттар арқылы осы шығыстарды қысқарту жөнінде бюджеттердің тиісті деңгейлерінде шешім қабылдауы қажет», – деді.

Үкімет басшысы ұлттық холдингтер мен компаниялардың басшыларына директорлар кеңестері мен басқарма отырыстарының аясында ұсынылған шығыстарды қысқарту жөнінде тиісті корпоративтік шешімдерді қабылдауды тапсырды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

◆ ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАҢА БАСШЫНЫ ТАНЫСТЫРДЫ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Темірлан Амангелдіұлы Бектасов облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқарма басшысы болып тағайындалды. Жаңа жетекшіні ұжымға облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ таныстырды.

Темірлан Амангелдіұлы Бектасов 1969 жылы дүниеге келген. Алматы гидромелиоративтік техникумын техник-гидротехник, Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын құрылыс инженері мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Қазақтың картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты «Строитель» кооперативінің техникалық бақылау инженері болып бастады. Әр жылдары «Қарасай аудандық өндірістік-жобалау архитектуралық-бейнелеу бюросы» МҚК I дәрежелі технигі, II дәрежелі инженері, Қаскелең қаласы бойынша сәулет және құрылыс бөлімінің меңгерушісі, «Қарасай ауданының сәулет және қалақұрылысы бөлімі» ММ «Сәулет» МКК директорының орынбасары, Жамбыл және Қарасай аудандық сәулет және қалақұрылысы бөлімдерінің басшысы, Алматы облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы, Панфилов ауданының және Кербұлақ ауданы, Талдыбұлақ ауылдық округінің әкімі, Алматы облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары, басшысы болып қызмет атқарған. 2019 жылдың қыркүйегінен Алматы облысы әкімінің аппарат жетекшісі лауазымында болды.

Жиын соңында Лаззат Махатұлы жаңа басшының жұмысына сәттілік, табыс тіледі.

ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ

ЖИЫРМА БІР ЖЫЛ ЕЛМЕН БІРГЕ



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

Көктемнің алғашқы күні «Nur Otan» партиясының құрылғанына 21 жыл толады. Дәл осы шуақты шақта Алғыс айту күні мерекеленіп, өзге этнос өкілдері қазақ халқына ризашылығын білдіріп жатады. Осындай атаулы күннің құрметіне орай «Nur Otan» партиясы Талдықорған қалалық филиалы Салтанат сарайында мерекелік жиын ұйымдастырды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Бал тілді балалардың құттықтауы көрініс тапқан бейнеүзікпен басталған салтанатты шарада «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Гүлнар Тойлыбаева көпшілікті келе жатқан мерекемен құттықтап, жүрекжарды лебізін арнады.

– 21 жылдың ішінде партиямыздың беделі өсіп, халықтың сенімі артты. Партиялық бағдарламалар мен жобалар жемісті іске асуда, – деген Гүлнар Қожағұлқызы Жетісу жерінде атқарылған жұмыстар мен қол жеткізілген жетістіктерді әңгімеледі. – Әрқайсыларыңыз тәуелсіздіктің нығаюына, елдің әл-ауқатының өсуіне өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Әр салада жүріп, бірлесіп қызмет етіп келген сіздерге алғыс айтамыз. Ары қарай да партияның беделін көтеруде алдымызда үлкен мақсат тұр.

Келесі кезекте партия ардагері Ерғазы Қошанбеков пен «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы Елдар Сапаров, «Nur Otan» партиясы Талдықорған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Аманжол Жазықбаев жұртшылықты мерекемен құттықтап, игі тілектерін арнады. Салтанатты шара аясында партия мүшелігіне өткен жандарға партиялық билет табысталып, ортақ іске белсенді үлес қосқандар Алғыс хаттармен марапатталды. Марапат алғандардың қатарында облыстық қоғамдық-саяси «JETISÝ» газеті де бар.

Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласып, қатысушылар естелік суретке түсті.

◆ КӨРМЕЙІН ДЕСЕМ...

Жиырма жылдан аса уақыт жарықтың жырын жырлаудан жалықпаған Талдыбұлақ ауылының бір топ тұрғыны "Жетісу" газетіне хат жазып, мұндарын шақты. Соған орай аталған ауылға барып, мәнжайымен танысуды жөн көрдік.



ЖАРЫҚҚА ЖАРЫМАЙ ОТЫР

Ұлбосын ИСАБЕК

Өткен ғасырдың соңы мен 2000 жылдың басында жер телімін алып, үйлерін салып алған жаңа қоныста екі жүзге жуық тұрғын тұрады. Жаңа жұртта жол, жарық, ауызсу мәселелері мүлдем қарастырылмаған. Алайда тұрғындардың ауызбіршілігі мен табандылықтарының арқасында өз күштерімен көшелеріне тас төсеп, ауызсу құбырларын да қып-қызыл қаржының көмегімен тартып, инфрақұрылымды біртіндеп шешкен көрінеді.

Десек те, жарық мәселесіне келгенде тоқсан ауыз сөздің түйіні табылмай, баспаған тау, ашпаған есік қалмаған. «Баяғы жартас, сол жартас», тұрғындар бұл мәселеде әбден титықтаған. Себебі, жиырма жыл бұрынғы 70 үйді қамтуға тиіс ескі трансформаторға бүгінде 200-ге жуық түтін тұтас қосылғандықтан оның айқыш-ұйқыш тартылған электр сымдары жерге салбырап, үйдің шатырларында шимайланып жатыр. Ол аз десеңіз, өрт қаупін тудыруда.

Қуаттылығы төмен ток көзінің кесірінен әр үйде баяғының білте шамы жанып тұрғандай әсер береді. Бөлме іші алакөлеңке. Қараңғылықта отырған тұрғындар өрт шыға ма деп бір қауіптенсе, екінші ала көлеңке деп тағы мұң шағады. Жел тұрып, боран соққан сайын жарықтың сөніп қала беруі тіптен үйреншікті жағдайға айналған. Ол ол ма, электр жарығы өшіп қана қоймай, бірнеше мәрте тұрмыстық техникаларды күйдіріп, істен шығуына себепкер болған. Тұрғындар бұл мәселені де күйіне жеткізді.

Үй іші осындай күйде болғанда көше жайын айтпасақ та түсінікті. Қараңғы түнде мектептен, оқу орындарынан қайтатын балаларының сүрініп-қабынып үйіне әзер жететіні үшін де ата-аналар алаңдаулы. Соған қарамастан электр қуаты үшін төленетін тариф құнының өте жоғары, яғни, әр кВт-қа орта есеппен 30-35 теңгеден айналатынына ашынады.

Расында, салбыраған сымдардың тұйықталуынан от тұтануы әбден мүмкін болса, оған қоса электр бағаны мен газ құбырының да «құшақтасып» тұруы пендеге үрей үйіреді.

– Осында қоныстанғалы жиырма жылдан асып барады. Бастапқыда 70-80 үйге есептеліп ескі трансформатор қойылған болатын. Кейін жаңа түскен үйлердің қатары екі-үш есеге артып, әлгі жалғыз жарық көзіне қосылды. Салдарынан мыңгескен сымдар көбейіп, жиі сөне беретін болды. Соған қарамастан төленетін тариф те қымбат. Сөйтіп, 20 жылдан бері жарыққа жарымай келеміз. Оны өз бетімізше жасатудың құнын тұрғындардың қалтасы көтермейді. Әйтпесе, жарықпен «жарылқауға» ниетті жекеменшік кәсіп иелері келген, – дейді ауыл тұрғындары Қанат Қондыбаев пен Нұрлан Сапақов.

– Қараңғылықтан балалардың көзіне зияны тиіп жатыр. Сығырайған жарықта сабақ оқулары қиын. Электр қуатымен жасалатын жұмыстарды күндіз бітіріп алуға тырысамыз, кір-қоң жуып, киім үтіктеп дегендей. Ал кешкілік бір зат артық қосылса, жарық өшеді де қалады. Соның салдарынан тоңазытқышымыз, теледидарымыз да істен шыққан кездері болды. Кезінде осы бағандар мен сымдарын өзіміз тартқанбыз, – дейді Әлия Сұраншиева.

Жаңа ықшамауданда жарықтан бөлек арықтан өтер көпірдің де жібі түзу еместігін айту абзал. Таудан төмен құлдилайтын ағыны қатты арыққа біраз жылдар бұрын бала түсіп кетіп, қайғылы оқиға орын алғандығын жасырмаған ауыл тұрғыны Бекболат Ясынжанұлы сол арықтан өтер көпірді де өз күштерімен ілдәлдалап жасағандарын айтады.

– Ауылымыз Алматымен іргелес, Талғар қаласымен қолтықтасып жатыр деуге ұяламыз. Себебі, жарыққа жарымай-ақ қойдық. Оның мұңын айтып, бармаған жеріміз қалмады. Осыдан он шақты жыл бұрын бұл проблемамен ауыл белсенділері Талдықорғанға дейін сабылыпты. Мен көшіп келгелі де он жылға жуықтады. Жылда көтеріледі, жылда нәтиже жоқ. Жуырда аудан әкімі Жолан Омаровтың қабылдауында болып, халықтың жанайқайын жеткіздік. Айтылады, айтылған сөз айтылған жерде қалады, – дейді ауыл тұрғыны Бекболат Ясынжанұлы. – Бұған қоса, әлгі айтқан көпірдің жайы да мүшкіл. Арық арнасынан асқанда су жайылып, арлы-берлі қатынайтын ауыл адамдары, бала-шаға көктем мен күздің қара суығында етігімен су кешетін кезге де жақындап келеміз. Балаларымыздың аяғы малмандай су болып, тіптен, ағызып кете ме деп жанымызды шүберекке түйіп отырамыз.

Басқа түссе, баспақшыл. Осындай қиындықтардың алдын алуда ауыл азаматтарының бірлесе әрекет етіп, жұмыла атқарып жатқан жұмыстары да жоқ емес. Бір-бірімен бауырдай боп біте қайнасып кеткен ауыл тұрғындары тентегін тезге салып, игілікті бастамаларды іліп әкетуге дайын. Әр үйдің ауласы мен көше тазалығын жасауда жұдырықтай жұмыла кетуді дағдыға айналдырғандығы да әңгімеге арқау болды. Бұл ауылдағы тағы бір түсініксіз жайт, көшенің бір қапталы Б. Момышұлы, қарсы жағы Ж. Жабаев деп аталады екен.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, жыр болған жарық мәселесін шешудің қиындығы қолбайлау болып, халықтың қабырғасына батып тұрғандығын тілге тиек еткен тұрғындар: «Бұл ойымызды мерзімді басылым көтерсе, бәлкім, шешімін тауып қалар деген үміттеміз», – деген ойларын жамыраса жеткізді. Олай болса, мәселенің мәнісін жазу – бізден, шешімін шешу – жауапты мекемелерден деп мақаламызды түйіндейміз.

Талдыбұлақ ауылы,
Талғар ауданы

◆ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

КӘСІПКЕРЛІККЕ ҮЙРЕТЕДІ

Облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұмановтың қатысуымен Нәтижелі жұмыспен қамтудың және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасын іске асыру жөніндегі аймақтық комиссияның отырысы өтті.

Қажет АНДАС

Онда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, білім, ауылшаруашылығы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармаларының өкілдері атқарған жұмыс қорытындысын және алдағы жоспарларын баяндады. Облыста өткен шараға аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары онлайн режимде қатысып, өңірлердегі жаңалықтармен таныстырды.

Жиында алғашқы баяндаманы жасаған облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Бақыт Жақсыбаева 2017-2021 жылдарға арналған аталған бағдарламаны жүзеге асыру үшін 9,9 млрд. теңге бөлінгенін хабарлады. Аталған сомамен бағдарламаның үш бағыты бойынша атқарылатын жұмыстар қаржыландырылады. Бағдарламаның бірінші бағыты, яғни, «Тегін кәсіптік-техникалық білім беру және қысқамерзімді оқыту» бойынша биылғы жылы 4 мыңнан астам маман оқытылады. Оны облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен білім басқармасы үйлестіреді. Ал облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Гүлсара Исағұлованың айтуынша, алдағы жұмыс жоспары жасалып, жобасы бекітіліп қойған. Техникалық және кәсіптік білім беретін кәсіпорындар тізбесі анықталып, тиісті қаржы толық аударылып, бүгінде алғашқы жұмыс басталып та кетіпті.

Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған екінші бағыт бойынша облыстық ауылшаруашылығы, индустриялық-инновациялық даму басқармалары жұмыс жүргізеді. Осы барыста ауылдық жерлерге микрокредит беру, қалаларда шағын несиелеу, микроқаржы ұйымдарының операциялық шығыстарын субсидиялау сияқты жұмыстар атқарылады. Жиында сөз алған мамандарының айтуынша, бағдарламаның екінші бағытын жүзеге асыру үшін 5214,4 млн. теңге, оның ішінде халыққа шағын кредит беруге 4791.3 млн. теңге қарастырылыпты. Бағдарламаның үшінші бағыты, яғни, тұрғындарды тұрақты, әлеуметтік, қоғамдық жұмысқа орналастыру, жастар тәжірибесіне жіберу бойынша 2400,9 млн. теңге бөлініп, осы бағыт шеңберінде 8 мыңнан астам адамды қамту көзделген.

Әр тараптың ағымдағы жылы атқаратын жұмыс жоспары мен игерілетін қаржы көлемін мұқият тыңдаған Батыржан Құлаймергенұлы онлайн режимде аудан, қала әкімдері орынбасарларының да пікірін сұрады. Жалпы, жауапты тұлғалар жоспардың бүгінгі талапқа сай жасалғанын айтып, бөлінген қаржының толық игерілуі мен бағдарламаның тұрғындар арасында нәтижелі орындалуы үшін барын сала еңбек ететініне уәде берді.

◆ ПІКІР

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН

Еліміздің өркендеуі қоғамның ортақ мәселелерін бірлесе шешуге, түйткілді тақырыптарды ақылдаса, кеңесе отырып талқылауға тікелей байланысты. «Кеңесті жерде кемдік жоқ» дегенді айтқан бабалар сөзіне сенсек, әрбір істің жақсы нәтижесі алдын ала жасалған пайым, құрылған есеп, дайындалған жоба негізінде шығады. Сондықтан болар, ата-әжелеріміз: «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деген мақалды жиі айтып отыратын. Расында бірнеше адамның ақылдасуымен, көпті көрген ақсақалды қарттардың білгенін мысалға алумен көптеген мәселенің шешімін табуға болады. Және оның дұрыс болып шығарына сенім мол.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Қазақстан Республикасында қоғамның өзекті мәселелерін бірлесе талқылау үшін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылып, халықтың ішінен шыққан қоғам қайраткерлері мен белсенділер сөз арнайтын мінберге айналды. Осыған дейін екі рет отырыс өткізген Ұлттық кеңесте көпбалалы аналарға жәрдемақы тағайындау, мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету, рұқсат етілген митинг ұйымдастыруды ескерту қағидатын қалыптастыру, шетелдерден жұмыс күшін әкелуге қатысты заң нормаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу сынды еліміз үшін аса маңызды мәселелер талқыланды. Сол талқылаулардың нәтижесі бойынша бүгінгі күні көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы ұлғайып, 4 баласы бар аналар 42 мың теңге, 5 балалы аналар 52500 теңге ала бастады. Бұл сома әр балаға орай өсіп отыр. Өткен жылы ғана 4 балалы ана небары 10500 теңге алып келсе, биыл ол төрт еселенді. Яғни, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде көтерілген мәселенің нәтижесі осылайша көрініс тапқаны анық.

Ұлттық кеңестің екінші отырысында сөз алған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев:

– *Көпбалалы отбасыларға жаңа мемлекеттік жәрдемақыны дифференциалды, яғни, айлық есептік көрсеткіштің 42,5 мың теңгеден 74 мың теңгеге дейінгі еселенген өлшемімен беру ұсынылады. Сонымен қатар, жағдайы төмен отбасылардың балаларына кепілденділірілген әлеуметтік пакет жасақталады. Мектеп жасына дейінгі балалар азықтүлікпен және ең қажетті деген құралжабдықтармен қамтылады. Оқушылар мектепте ыстық тамақты тегін ішеді, мектепке барып-қайту жолақысы, сондай-ақ, мектеп формасы мен оқу құралдары тегін болады,* – деп мәлімдегені күллі жұртшылыққа белгілі.

Міне, халықтың қамын ойлаудан туындаған жаңа бастама – Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жұмысы елімізде осылай жүріп жатыр. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» деген тәмсілді айтқан бабалар сөзіне сенсек, «Бітер істің басына, жақсы келер қасына».

Ой-өрім

● *Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға.*

***

● *Еңбек – қуаныш, жалқаулық айрылмас азап.*


Абай ҚҰНАНБАЕВ.

◆ ДЕНСАУЛЫҚ

ДӘРІГЕР ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Ақпан айының ортасынан бастап Қытайдан келген Қазақстан азаматтары ауруханада оқшауланып, 14 күнге карантинге жіберіледі. Содан соң тағы 10 күн тұрғылықты мекенжайы бойынша дәрігерлердің қатаң бақылауында болмақ. Тексеру кезінде ауру белгілері байқалған науқастар бірден инфекциялық ауруханаға жатқызылып, 14 күн бойы бөлек бөлмеде оқшауланады. Қазір біздің елдің шекара маңындағы саудагерлері, жүк көлік жүргізушілері және қайықшылар Қазақстанға оралуға ниетті. Олар елге қайтып оралғанда қауіпсіздігін барынша қамтамасыз етуіміз тиіс. Сондықтан, құрметті тұрғындар! Қытай аумағынан елге оралғанда денсаулық жағдайыңыздың тұрақтылығына қарамастан 14 күн ауруханаға жатқызылып, медициналық бақылауда болатыныңызды ұмытпаңыз. Ал көліктер міндетті түрде залалсыздандырылады. Айта кету керек, Алматы облысында індетке қарсы күрес шаралары мықтап қолға алынған. Қытай аумағына жақын Алакөл, Үйғыр, Панфилов аудандарында коронавирустық инфекция анықталған жоқ. Сондықтан, алаңдауға еш себеп жоқ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№28
(18736)

Бейсенбі,
5 наурыз,
2020 жыл

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆ҮН ҚОСУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ «Informburo» ақпараттық-сараптамалық порталына кең көлемді сұхбат берді. Президент сұхбатында қоғамда сілкініс тудырған бірқатар маңызды мәселелер қозғалды. Атап айтқанда, ұлтаралық келісім, бейбіт митингтер, коронавирус, Еуразиялық Экономикалық Одақ, Ұлттық сенім кеңесі және қоғам белсенділері жайында сауалдар қойылды. Сұхбатта елімізде тұратын барлық ұлт өкілдері, түптеп келгенде, біртұтас екендігі, бірлігіміз әралуандылықпен бағаланатындығы сөз болды. Сондай-ақ, еліміздегі қай ұлтты болсын, шетелдіктер қазақ ретінде танитындығы, мұны «Қазақстан» деген мемлекет атауының өзі-ақ дәлелдеп тұрғандығы әңгіме өзегіне айналды. Осыған орай аймағымыздың азаматтары пікір білдіріп, Президент сұхбатына үн қосты.

АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру туралы шешімі ең оңтайлы бастама болды. Бұл билік өкілдерінің ашық диалогқа дайын екендігінің дәлелі. Өйткені, бүгінде орын алып жатқан әлеуметтік наразылықтар қоғам мен билік арасындағы әлеуметтік келісімді жаңғырту қажеттігін білдіреді. Бүгінде оны жаңалау, өзгешелеу, тұрақтандырудың ресми негізде жасалғаны жақсы емес пе?

Бұл туралы «Informburo» ақпараттық агенттігіне берген сұхбатында да айтып өтті. Ол Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жұмысын жоғары бағалады. Сұхбатта: «Біздің мемлекеттік жүйені реформалау үшін пайдалы ұсыныстар жасауға қабілетті кеңес ретінде өзін жақсы жағынан көрсетті», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Айта кетерлігі, заң шығару процесінде саяси реформалардың алғашқы пакеті іске қосылып, экономикалық салада көп дүние жасалғандығы да мәлім. Одан бөлек, жыл аясында сенім кеңесінің қатысуымен реформалар пакеті дайындалмақ. Оған мемлекеттік қызметшілерді тарту да көзделген.

Тағы да айта кетерлігі, бүгінгі қоғамда кез келген әлеуметтік алаң құруға болады. Десе де, құрылған ашық алаңның қоғамға сіңісіп, халық арасында қолдау табуы маңызды. Президент өкімімен құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрамына объективті, конструктивті идеялар айта алатын, оларды іске асыру жөнінде ұсыныстар білдіре алатын адамдар кірді. Кеңесте тек сөзбен ғана емес, іс жүзінде қоғамға пайдасын тигізе алатындығын дәлелдеген, көпшіліктің көңілінен шыққан адамдар жұмыс істеуде.

Осы мәселеге қатысты Ел Президенті жақын арада Ұлттық қоғамдық сенім кеңесіне ротация жарияланып, кеңеске белгілі заңгерлер мен азаматтық белсенділер келетіндігін жеткізді. Осыдан кейін кеңестің жұмысы одан сайын жанданып, халық пен билік арасындағы ашық диалог алаңына айналатындығы сөзсіз.

Ажар ҚЫДЫРАЛИНА,
«Жігер» үкіметтік емес ұйымының төрайымы

БІЗДІҢ КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі саяси ахуалға байланысты «Informburo» ақпараттық агенттігіне сұхбат берген еді. Ол жерде Қасым-Жомарт Кемелұлы әлемге тараған індет – коронавирусқа қарсы шараларды күшейтуден бөлек, ұлтаралық қарым-қатынас тұрғысынан да өз ойын білдірді.

«Қазақстанда тұратын бар ұлт өкілдері бір ұлыс болып табылады. Қазақстан – бірлік пен достықтың Отаны. Бұдан былай да солай бола береді», – деген бір ауыз сөзінен оның елде тұратын барлық ұлт өкілдеріне зор құрметі байқалады. Сондай-ақ, тонның ішкі бауындай жақындықта өмір сүріп қана қоймай, «Бірлік – әртүрлілікте» деген ұранды ұстануға шақырды.

Мемлекет басшысы әлемдік ғылым мен мәдениетке жол ашқан орыс тілінің тарихи маңызын төмендетпейтіндігін жеткізді. Десе де қазақ тілінің дамуы маңызды екенін атап өтті. Ол қазақ тілі болашақта ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналуы тиістігін ерекше атады.

Еліміз әрдайым ғасырлар көшінде жасап, гүлденіп келеді. Соның нәтижесінде қазақ тәуелсіздігін алып, бейбітшілікке қол жеткізді. Ал, оның негізі, түп-тамыры – халықтың бірлігінде татулығында, біртұтастығында екендігі даусыз. Сондықтан да, елімнің жанашыр патриоты ретінде Қазақстанымның әр жетістігін, әр табысын кеудемді көкке көтере айтуға міндеттімін. Татулық пен ынтымақтың не екенін көріп өскеннен кейін оның жалғастырушысы болу да – біздің азаматтық парызымыз. Ата-бабаның маңдай терімен, төккен қанымен келген киелі аманатқа тәуелсіз елдің ұландары қиянат жасамайды деп ойлаймын.

Талғат ҚОЙШЫБАЕВ,
Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы

БАҒДАРЛАМА

Волейболдан әйелдер арасында Қазақстан Республикасының 28-чемпионаты аясында Ұлттық лиганың 4-кіші туры

«Б» тобы

КҮНІ	УАҚЫТЫ	ОЙЫН	КОМАНДАЛАР	ӨТЕТІН ЖЕРІ
6 наурыз (жұма)	16.00	1	«Алтай» – «Алматы»	«Жастар» спорт сарайы
	18.30	2	«Жетісу» – «Алтай-2»	
7 наурыз (сенбі)	15.00	3	«Алтай-2» – «Алматы»	«Жастар» спорт сарайы
	17.30	4	«Жетісу» – «Алтай»	
8 наурыз (жексенбі)	15.00	5	«Алтай-2» – «Алтай»	«Жастар» спорт сарайы
	17.30	6	«Алматы» – «Жетісу»	

◆ПРЕМЬЕР-ЛИГА



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

«ЖЕТІСУ» ҮЗДІК ҮШТІКТІ КӨЗДЕЙДІ

8-наурыз – Халықаралық әйелдер күні футболдан ел чемпионатының ашылу салтанаты болады. Иә, футболсүйер қауым үшін бұл үлкен мереке. Жанкүйерлердің тағатсыздана күтетін премьер-лига ойындары наурыздың сегізі күні басталмақ. Маусымның ашылу салтанатының алдында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ «Жетісу» футбол клубын қабылдады. Облыстық әкімдіктің мәжіліс залына жиналған футболшыларды клуб директоры Серік МҰҚАНОВ пен команданың бас бапкері Дмитрий ОГАЙ бастап келді.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

«Жетісу» футбол командасы өткен жылды сәтті аяқтады. Он екі команданың ішінен бесінші орынға тұрақтап, премьер-лига сапында өнер көрсету мүмкіндігіне иелік етті. Өздеріңізге белгілі бұған дейін бір мәрте премьер-лига сапынан түсіп қалған болатын. Бірінші лигада доп теуіп, үздік шыққан талдықорғандық футболшылар ел біріншілігіне қайта оралғаны тарих бетінде қаттаулы тұр. Ал өз тарихында бір мәрте күміс жүлде алған «Жетісу» командасы соңғы кезде үздік үштікке бір табан жақын. Биыл да сол жүлделі орындардың біріне ілігуді көздейді.

Сонымен облыс әкімі Амандық Баталов облыстың спорт саласына кеңінен тоқталды. Алдымен олимпиадалық спорт түрлерін мақтанышпен атап өтті. Республика бойынша алты жолдамаға қол жеткізген біздің спортшылар екенін айтып, бұл үлкен көрсеткіш деп атап өтті. Одан кейін ойын түрлері бойынша да жетістігіміз көп екенін жеткізді. Мәселен, волейбол ойынында қыздарымыз ҚР чемпионатында жақсы өнер көрсетуде. Жеті мәрте чемпион атанған «Жетісу» командасы сол атақтарын қорғап қалуға жақын қалды. Регби мен көгалдағы хоккейіміз де әлемдік сында жүлде алып жүр. Енді футбол да солардың қатарына қосылу керек екенін тілге тиек етті. Бұл ретте атағы баршаға аян бас бапкер Дмитрий Огай мен Руслан Балтиевке үміт артуымыз керек деп тағы да қадап айтты.

Одан кейін сөз алған бас бапкер Дмитрий Огай Түркия мемлекетінде оқу-жаттығу жиындарының жақсы өткенін баяндады. Команда сапы жаңа ойыншылармен толығып, алдағы ойынға дайын екенін айтты. Мұндай мүмкіндікке жағдай жасаған Амандық Ғаббасұлына да алғысын білдірді. Бапкердің сөзінен кейін арнайы «Жетісу» футбол командасының өткен жылғы жетістігін саралайтын бейне ролик көрсетіліп, артынша ойыншылар жеке-жеке таныстырылды. Команданың сапында сырттан келген футболшылармен қатар жергілікті ойыншылар да тартылған. Олар Айбар Жақсылықов пен Рауан Орынбасар. Сондай-ақ, командаға Белгия, Португалия, Болгария, Сербияның ойыншылары тартылған.

Ойыншылардың атынан команда капитаны Алмат Бекбаев сөз алып, облыс әкімі Амандық Баталовқа алғысын білдірді. Оқу-жаттығу кезінде барлық жағдайдың толық болғаны, алаңсыз доп тебуге жасалған қолдауын айта келе, ел біріншілігінде де бар күш-жігерін салатынын жеткізді. Сөз соңында Амандық Ғаббасұлына команданың атынан арнайы есімі жазылған футбол жейдесі мен ойыншылардың қолы қойылған допты сыйлыққа тартты.

Кездесудің соңында Амандық Баталов өткен жылы бесінші орынды қанағат тұтқан командаға биыл үздік үштікке кіруді тапсырды. Бүгінде клубтың бюджеті толық жетпеген жағдайда қосымша толықтыратынын жеткізді. Алдағы ойынға сәттілік тілеп, әр кездесуде жеңіске жетулеріне тілектестігін білдірді.

«Жетісу» футбол командасы премьер-лига ойындарының алғашқы кездесуін сырт алаңда өткізеді. Наурыздың сегізі күні Ақтауға қонаққа баратын жерлестеріміз ел біріншілігіне жаңа қосылған «Каспии» командасымен бақ сынаспақ.

◆АҚ ЖОЛ!

Ата басылымның ақ батасы



Үш жылдай бұрын Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін бітіріп, облыстық «Жетісу» газетінің босағасынан еркелей еніп, ата басылымға қатардағы тілші болып қабылданған Мұхтар Күмісбек наурыз айынан бастап, еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газетіне ауысты. Өткен күзде «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі мырза Жетісу жеріне арнайы іссапармен келгенде топ ішінен хас жүйрікті таныған Күреңбай сыншыдай осы Мұхтарға қолқа салып кетіп еді. Алғашында ауызекі айтылған әңгімеге балағанымызбен Дархан мырза сөзінде тұрып, арада айлар өткенде «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін ағамызға хабарласып, сол кездегі ұсыныстың пісіп жетілгенін айтып, Күмісбектің алтын асықтай ұлын «Егемен Қазақстан» газетіне шақырды. Қашанда «Болайын деген баланың, бетінен қақпай белін буатынды» жақсы көретін Әміре ағамыз баласындай еркелеп, інісіндей елгезектік танытып жүрген Мұхтарға ақ батасын беріп, Нұр-Сұлтанға шығарып салды. Көктемнің алғашқы күні Мұхтар Күмісбектің Арқа төріндегі еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газетіндегі еңбек жолы басталды. Жолың ашық, абыройың асқақ болсын, ақын бала!

«ЖЕТІСУЛЫҚТАР»

◆ҚҰРЫЛЫС

ҚАДАҒАЛАУ ҚАЖЕТ

Облыстық әкімдікте облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен жиын өтті. Оған облыстық құрылыс, сәулет және қалақұрылысы, мемлекеттік сәулет және құрылыс бақылау басқармаларының басшылары мен орынбасарлары және аудан, қала әкімдерінің құрылыс саласына жауапты орынбасарлары қатысты.

Қажет АНДАС

Жиында ең алдымен облыстағы құрылыс саласының өткен жылғы атқарған жұмысы сөз болып, орын алған мәселелер ашық ортаға қойылды. Сонымен қатар, биылғы атқарылар жобалардың реті де таныстырылды. Келесі кезекте аймақта бой көтерген нысандардың сапасы мен сәулетінің ерекшелігі туралы сараптама жасалды.

Кейінгі жылдары аймағымызда құрылыс саласында үлкен табысты жұмыстар атқарылып жатқанынан жұрт хабардар. Облыс орталығы Талдықорған қаласынан тартып, елді мекендердегі қарқынды құрылыс жұмыстары ел өркениетін екпіндетіп, жұрт сүйінішіне ие болды. Сол қатарда тұрғын үйлер, білім, денсаулық сақтау, спорт, коммуналдық және әлеуметтік нысандар бой көтеріп, өлкенің шырайын аша түсті. Бұл жетістік өткен жылы да жақсы көрсеткіш көрсетті.

Дегенмен, осы салада әлі де ақсап тұрған тұстары көп. Оның себебі де сан түрлі. Бірі құрылыс жұмысын жүргізген мердігер компаниялар жауапкершілігін толық орындамаудан туындаса, ендігі бірі жергілікті атқарушы орындардың жүйесіз жоспарынан белең алды. Бірқатар нысанда алуан түрлі кемшілік байқалып, құрылыс жұмысының тоқтатылғанын көргенбіз. Жиын барысында Лаззат Махатұлы аудан, қала әкімінің орынбасарларын бірден тұрғызып, орын алған кемшіліктердің себебін сұрап шықты. Сонымен бірге өткен жылы бірдебір нысан салмаған, тағы да сол бағытта жоспары жоқ басқармалардың аты аталды. Оның бәрін бұл жерде тізіп берудің қажеті жоқ.

Алдағы уақытта да аймақтағы құрылыс саласы қызу еңбекке толы болады. Айталық, Еңбекшіқазақ, Ескелді, Көксу ауданында мектеп құрылысы, Көксу ауданының Айнабұлақ ауылында медициналық пункт, Ұзынағашта перзентхана, тағы да басқа ауқымды жобалар атқарылады. Жіберген кемшілік қайталанбауы үшін Лаззат Махатұлы аудан, қала әкімдерінің орынбасарларына жоспарды жүйелі жасап, оны нәтижелі атқаруды қадағалап отыру керектігін тапсырды.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

№32
(18740)

Jetisu

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Сейсенбі,
17 наурыз,
2020 жыл

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆ ҮНДЕУ

Күллі әлемді алаңдатқан COVID-19 вирусының зардабына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев телеарна арқылы Үндеу жариялап, халқымызды сабырға шақырды. Басаяғы 10 минутқа созылған Үндеу кезінде Мемлекет басшысы елімізде жарияланған төтенше жағдайдың себеп-салдарын түсіндіріп, мұндай жағдайда халықтың дүрмекке ілесіп, дүрбелеңге қосылмауы керектігін ескертті. Әсіресе, әлеуметтік желілер арқылы қарапайым жұрттың есін алып, үрейін тудыратын хабарландыру таратудың жазасыз қалмайтынын жеткізді.



ХАЛЫҚТЫ САБЫРҒА ШАҚЫРДЫ

Мәди АЛЖАНБАЙ

Президенттің айтуынша, 16 наурыздан сәуірдің 15-не дейін жалғасатын төтенше жағдай кезінде әрбір тұрғын мәселенің оңай еместігін дұрыс ұғынып, басқа түскен сынаққа жауапкершілікпен қарауы тиіс. Сонымен қатар, вирустың таралмауы үшін әркім өкілетті органдардың қызметіне қолдау көрсетіп, қойылған шектеулердің маңызды екендігін дұрыс түсінуі қажет. Өйткені, жұқпалы дерттің бүгінгі әлем жұртшылығына келтірген зияны мен залалы ерекше екендігі жасырын емес. Науқас белгілері анықталған жағдайда азаматтардың тұрғылықты жердегі дәрігерге қаралуы тиістігін осылайша ескерткен Қасым-Жомарт Кемелұлы:

– *Біз экономикалық жағдайды басты назарда ұстаймыз. Мемлекет барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындайды. Елбасымыздың сарабдал саясатының арқасында бұған қажетті қорымыз қалыптасты. Қаражат бар,* – деп көпшіліктің көңілін күпті еткен мәселелерге тоқталып өтті. – *Осы орайда азық-түлік қоры жеткілікті екендігіне назар аударғым келеді. Күнделікті тұтынатын тауар бағасын негізсіз қымбаттатуға жол берілмейді. Біз ел-жұртты дүрліктіретін, арандататын әрекеттерге тыйым саламыз. Жалған ақпарат таратып, дүрбелең туғызатындар заңға сәйкес жауапқа тартылады. Бұқаралық ақпарат құралдары, интернет ресурстары тек ресми мәліметтерге сүйеніп, жұмыс істеуі керек. Біз осы жаһандық кеселге қарсы тұру үшін күш-жігеріміздің мықты екенін көрсетуіміз қажет. Татулық пен тұтастықтың арқасында кез келген қиындықтан шығуға болады. Сондықтан бәріміз бір адамдай жұмылып, қауіпті індетпен күресуіміз керек. Береке мен бірлік бәрін де жеңеді!*

Елімізде 9 адамнан коронавирус белгілерінің анықталғанын Денсаулық сақтау министрлігі ресми түрде мәлімдегенін, соған орай жұқпалы дерттің таралу қаупі бар екендігін, науқастармен бірге болған адамдардың қазір анықталғанын, емдеу шаралары жүргізіліп жатқандығын жеткізген Президент Үкіметтік деңгейде құрылған арнайы мамандар штабы, ведомствоаралық комиссия вирустың таралуын болдырмау мақсатында жасалған жоспар бойынша жұмысқа кіріскенін мәлімдеді. Осыған орай еліміздің аумағында жарияланған төтенше жағдай кезінде студенттер қашықтықтан оқытылып, оқушылар көктемгі демалысқа шығарылды. Қоғамдық тәртіпті қадағалау күшейтіліп, бұқаралық жиындар өткізуге тыйым салынғанын айтқан Мемлекет басшысы көпшіліктің алдағы ұлттық мерекеге орай жоспарланған істерін кейінге қалдыру қажеттігін ескертті. Өйткені, таралу ауқымы күрт өскен жұқпалы дерттен сақтану бәріміз үшін өте қажет. Сол үшін ауқымды әрі ірі сауда ойын-сауық орындарының жұмысына шектеу қойылып отыр. Дегенмен қажетті тауар сатылатын азық-түлік дүкендері жұмыс істейді. Ал, базарлардың жұмыс істеу уақытын жергілікті әкімдіктің жанынан құрылған комиссиялар анықтайды. Адам көп жиналатын ойын-сауық орталықтары, кинотеатрлар, театрлар, көрме кешендері уақытша жабылады. Республика аумағынан сыртқа шығу мен кірудің шарттары қатаяды. Бірақ шектеулер жүк тасымалына кедергі келтірмейді. Осыған орай мемлекеттік кеден бекеттері мен теміржол вокзалдарында, әуежайларда санитарлық-эпидемиялық режим қабылданып отыр. Сонымен қатар, еліміздің барлық ауруханалары мен емханаларында арнайы палаталар бөлініп, мемлекеттік органдар жұқпалы дерттің алдын алуға қажетті жоспар қабылдап, санитарлық-профилактикалық, эпидемияға қарсы іс-қимыл шараларын өткізеді.

Осындай шарттар мен шектеулерге түсіністікпен қарау қажеттігін жеткізген Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің дәрігерлеріне үлкен жауапкершілік жүгі артылып отырғанын, соған орай әркім жеке бастың тазалығын алдыңғы орынға қойғанда ғана жұқпалы ауруды жеңуге болатынын атап өтті.

◆ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 16) тармақшасына және «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4, 5, 6-баптарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылғы 16 наурыздағы 08 сағат 00 минут пен 2020 жылғы 15 сәуірдегі 07 сағат 00 минут кезеңінде төтенше жағдай енгізілсін.

2. Төтенше жағдайдың кезеңінде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын және оған «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өкілеттіктер берілсін.

3. Төтенше жағдайдың күшінде болу кезеңінде мынадай шаралар және уақытша шектеулер енгізілсін:

1) қоғамдық тәртіптің сақталуы, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық, ерекше режимдік, режимдік және ерекше қорғалатын объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуі күшейтілсін;

2) ірі сауда объектілерінің жұмыс істеуіне шектеу қойылсын;

3) сауда ойын-сауық орталықтарының, кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелердің және адамдар көп жиналатын басқа да объектілердің қызметін тоқтата тұрсын;

4) карантин енгізсін, санитариялық-эпидемияға қарсы ауқымды іс-шараларды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және ішкі істер органдарының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен жүзеге асырсын;

5) ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, салт-дәстүр іс-шараларын өткізуге тыйым салынсын;

6) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің дипломатиялық қызметінің персоналын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шақыруымен Қазақстан Республикасына келетін халықаралық ұйымдар делегацияларының мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына көліктің барлық түрлерімен кіруге, сондай-ақ оның аумағынан шығуға шектеулер белгіленсін.

4. Төтенше жағдай режимі кезінде қолданылатын шаралардың іске асырылуына жауапты болып Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері айқындалсын.

5. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры осы Жарлықта белгіленген шаралар мен уақытша шектеулерді іске асыру кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінен қажетті қаражаттарды бөлсін;

2) медициналық тексеруден және емделуден, карантиндік режимді сақтаудан бас тартатын, эпидемиологиялық жағдайды айқындау үшін маңызы бар деректерді жасыратын адамдарға бақылау, сондай-ақ аталған адамдардың жауаптылығының шаралары күшейтілсін;

3) орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағында COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау мақсатында осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ. ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2020 жылғы 15 наурыз № 285

Жарлықтың қосымшасы
3-бетте жарияланып отыр

◆ ӨЗЕКТІ



әлеуметтік тауарлар жеткілікті

Әлемді алаңдатқан коронавирус Қазақстанға жетіпті деген ақпарат әлеуметтік желіде жарияланған соң тұрғындар біраз дүрлігіп қалды. Осы орайда, "Еш жерде күріш, ұн, қант жоқ" деген алыпқашпа сөз тарап, жұрт сабылып сауда дүкендеріне жүгірісті. Бізге хабарласып, мән-жайды білмек болғандар да көбейді. Бірақ осының барлығы әлеуметтік желілерде тараған расталмаған ақпарат салдарынан туындағандығын Талдықорғанда "Магнум" сауда желісі мен "Жетісу ӘКК" АҚ қоймаларына барып, ондағы сақтаулы азық-түлік қоры мен қалыпты сауда қызметін көргенде білдік.

Қажет АНДАС

"Магнум" сауда орталығының Талдықорған қаласындағы жергілікті филиалы директорының орынбасары Виктор Брейттің айтуынша, үрейге себеп жоқ.

– Бүгінгі таңда біздің қоймаларда әлеуметтік маңызы бар тауарлар жеткілікті. Алдын ала жасалған келісімшарт бойынша сауда орталығының сөресіндегі тауарлар уақытылы жеткізіліп тұрады. Кейде толқыныс дүрліктірушілер тарапынан туындап қалатыны да бар. Десе де, кейінгі екі-үш күн көлемінде тұтынушылардың 10-15 пайызға өскені байқалды. Осыған байланысты біз тауар қорын және азық-түлік сөрелерін көбейтіп жатырмыз. Осы тұста біз тауар жеткізетін компания, кәсіпкерлер, тауар өндірушілермен кемінде бір ай ішінде бағаны көтермеу туралы келісімшарт жасасамыз. Қазірше тауар жетіспеушілігін тудыратын ешқандай келеңсіздікті көріп тұрған жоқпын, – деді ол.

Осы реткі рейдте Талдықорған қалалық кәсіпкерлік бөлімінің, «Жетісу» ӘКК» АҚ-ның өкілдері және облыс әкімнің баспасөз қызметінің өкілдері де болды. Өз кезегінде, «Жетісу» ӘКК» АҚ-ның сауда және баға мониторингі бөлімінің басшысы Айгүл Ыдырысова күн сайын барлық сауда нүктелерін аралап, олардың бағасын қадағалап отыратынын айтып берді. Оның айтуынша, қазіргі таңда сауданып жатқан өнімдердің бағасы көтерілген жоқ. Қайта кейбір тауарлардың бағасы әдеттегіден төмендегенін сөредегі баға парақшасынан көрсетті. Ал «Жетісу» ӘКК» АҚ-ның қоймаларында бүгінде 50 тонна ұн, 600 тонна қант және 20 тонна күріш сақталуда. Мұндағы ұн облыстағы наубайханаларға төмен бағада беріліп, нан тапшылығын туындатпауға септігі тисе, басқа тауарлар аймақтағы әлеуметтік дүкендерде сатылымға шығып, бағаның жөнсіз өсіп кетпеуін тежеп, тауар жетіспеушілігінің алдын алады.

Осы барыста облыс әкімінің баспасөз хатшысы Ғалымұрат Жүкел:

– Облыста азық-түлік нарығындағы жағдай тұрақты. Қор бар, әсіресе, 19 әлеуметтік маңызы бар тауарлар жеткілікті. Біз ірі супермаркеттер желісінің көтерме сатушыларымен үнемі келіссөздер жүргізіп, бағаны көтермеуін қадағалап отырамыз. Қазіргі қолда бар ақпарат бойынша өнімдер жеткілікті көлемде. Әрине, аймақта коронавируспен күрес те жалғасып жатыр. Оның алдын алу шаралары мықты қолға алынды. Бүгінде медициналық қызметкерлермен семинар өткізіліп, олардың дайындығы пысықталса, ауруханаларда төсек-орындар мен керекті құрал-жабдықтар дайындалды, дәрі-дәрмектер мен арнайы жабдықтар да жеткілікті, – деді.

Қысқасы, әлеуметтік тауарлар жеткілікті, баға да тұрақты, дайындық жұмысы да ойдағыдай жүруде. Тек расталмаған ақпараттарға сеніп, дүрлігудің жөні жоқ екендігін білдік.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

ҚР-да жарияланған төтенше жағдайға байланысты (Алматы облысы аумағында) «Бизнестің жол картасы — 2025» бағдарламасы шеңберінде гранттық қаржыландыруға құжаттарды қабылдау белгісіз мерзімге ауыстырылғанын ақпарат ретінде хабарлаймыз.

◆ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

НАҚТЫ ШАРАЛАР АЛГОРИТМІ

Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі төтенше жағдайлар кезінде өңірдегі нысандардың қалай жұмыс істейтінін айтты.

Атап айтқанда облыс басшылығы төмендегідей шаралар қабылдады:

– ірі сауда, сауда-ойын-сауық орталықтары сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін шектеулі уақыттарда жұмыс істейді (азық-түлік дүкендері мен супермаркеттерден басқалары);

– азық-түлік дүкендері, азық-түлік супермаркеттері мен азық-түлік базарлары қалыпты режимде күшейтілген санитарлық және дезинфекциялық шараларды атқара отырып жұмыс істейді;

– киім-кешек базарлары сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін шектеулі уақыттарда күшейтілген санитарлық және дезинфекциялық шараларды атқара отырып жұмыс істейді. Барлық сауда нысандарында санитарлық-эпидемияға қарсы шаралар тұрақты ұйымдастырылады. Қоғамдық тамақтану орындарында, соның ішінде СОО-лардағы фуд-корттарда дезинфекция жасалатын болады;

– азық-түлік қауіпсіздігі шараларын тиімді жүзеге асыру, соның ішінде әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларын үздіксіз жеткізу мен оның бағасын тұрақтандыру қамтамасыз етіледі;

– қоғамдық көлік соңғы аялдамалық пункттерде және жуу орындарында автобустарға дезинфекция жүргізе отырып, бұрынғыдай режимде жұмыс істейді;

– балабақшалар медициналық және санитарлық бақылауды күшейте отырып, қалыпты режимде жұмыс істейді;

– мектептен тыс қосымша білім беру нысандарының қызметі тоқтатылады (Оқушылар сарайы, үйірмелер, секциялар, компьютер клубтары), сол сияқты барлық спорттық нысандар жабылады. Оқу-жаттығу жиындары, спорт түрлерінен жаттығулар, барлық деңгейдегі жарыстар өткізілмейді;

– ойын-сауық, спорттық шаралар (көрерменсіз өтетін шаралардан басқа) және басқа да бұқаралық шаралар өткізуге, сол сияқты отбасылық еске алу шараларын өткізуге тыйым салынады;

– кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелер мен көңіл көтеретін орындардың (түнгі клубтар, караоке, барлар, компьютер клубтары, фитнес-орталықтар, тренажер залдары, бассейндер, моншалар) және басқа да халық көп жиналатын орындардың жұмысы тоқтатылады;

– мейрамханалардың, кафелердің және басқа да қоғамдық тамақтану орындарының жұмыс уақыты сағат 22.00-ге дейін шектеулі, бұл ретте бір мезетте жиналған адамдардың саны 50-ден аспауы тиіс;

– кафе, мейрамханаларда кальян пайдалануға тыйым салынды.

Жетісу-Ақпарат

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

№33
(18741)

Бейсенбі,
19 наурыз,
2020 жыл

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@#Jetisugazeti

@ Jetisu2002@mail.ru

Алматы облысының әкімі Амандық Ғаббасұлы БАТАЛОВТЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті облыс тұрғындары!

Қазір бүкіл әлем, соның ішінде, біздің еліміз де коронавирустың таралуына байланысты туындаған жаһандық қауіп-қатермен бетпе-бет келіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елде төтенше жағдай енгізу туралы Жарлық шығарып, вирустың кең таралуына жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды тапсырды.

Өздеріңіз білесіздер, Алматы қаласында отандастарымыздың арасында инфекция жұқтырған оқиғалар тіркелді. Осыған байланысты Мемлекет басшылығы түнгі сағат 00-ден бастап Алматы қаласында карантин енгізу туралы шешім қабылдады.

Қалаға кіреберісте блокпосттар қойылып, кіру жолдары жабылады. Бірқатар кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысы тоқтатылады. Сауда-ойын-сауық орталықтары, базарлар мен мейрамханалар жабылады. Біз бұл мәселені Алматы қаласының әкімдігімен бірге қарастырып жатырмыз.

Сіздердің көпшіліктеріңіз Алматы қаласындағы мекеме-кәсіпорындарда жұмыс істейсіздер, қалаға қандай да бір шаруаларыңызбен, базарға, дүкенге барасыздар. Осыған байланысты түсіністікпен қарап, карантин кезінде қалаға баруды қоя тұруларыңызды сұраймын.

Қазір бірінші кезекте өз денсаулығымызға ерекше назар аударып, санитарлық дәрігерлердің барлық ұсыныстарын толық сақтауымыз керек. Біз биліктің үндеуіне құлақ аспай, қауіпсіздік шараларына жеңіл-желпі қараған бірқатар Еуропа елдері (Италия сияқты) тұрғындарының қателіктерін қайталамауымыз керек. Оның арты неге әкеліп соққанын өздеріңіз білесіздер.

Біздің облыста барлық азық-түлік дүкендері штаттық режимде жұмыс істейді. Бірінші кезектегі қажет азық-түліктер толық көлемде жеткілікті. Тауарлар мен дәрі-дәрмек жетіспеушілігі жоқ. Бағаны тұрақтандыру үшін облыстық бюджеттен қосымша қаржы бөлінді.

Құрметті жерлестер, қабылданып жатқан барлық шаралар сіз бен біздің қауіпсіздігімізді, қоғам тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Ең бірінші кезекте өзіміздің және жақындарымыздың денсаулығына жауапкершілікпен қарай білейік!

Жағдайдың салмақты екенін түсініп, вирустың таралуына жол бермеуіміз керек.

◆ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТИІМДІ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНДЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында екі түрлі мәселе талқыланды. Алдымен кәсіпкерлік пен отандық өндірісті қолдау шаралары қаралып, көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысы талқыланды. Осыған орай, әр салаға қатысты министрлік пен ведомство өкілдері атқарылып жатқан жұмыс жағдайын таныстырды. Сонымен бірге, облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ та аймағымыздағы көктемгі егіс жұмыстары барысында қолға алынған шараларды сөз етіп, жұмыс барысын баяндады.

Қажет АНДАС

Әрине, әлемде кейінгі күндері орын алған экономикадағы тұрақсыздық мәселесі әр мемлекетке де оңай тиіп жатқан жоқ. Бұл қиындықтан біздің де айналып өтпейтініміз белгілі. Десе де, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен дер кезінде шұғыл шаралар қолға алынып, келесі қадамда атқарылатын жобалар қарастырыла бастады. Баяндамашылардың айтуынша, бизнесті қолдау және еңбек нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шаралар топтамасы – қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру, кепілдік беру, салықтық ынталандыруды, бизнесті тексеруді азайтуды және жұмыспен қамтамасыз етуді көздейді.

Елімізде қабылданған төтенше жағдайға байланысты ірі сауда нысаны, кинотеатр, театр, көрме, спорт объектілерінің табысына белгілі мөлшерде кедергі келетіні белгілі. Сондықтан осы салада жұмыс істейтін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер мүлік салығынан бір жыл мерзімге босатылып, бір тоқсанға өсімақы есептеу тоқтатылады. Үш тоқсан үшін салық есептілігінің мерзімі кейінге ауыстырылады. Мемлекет кірісінің басым бөлігі ауылшаруашылығы саласындағы өнім өндірушілердің еңбегінен келетіні белгілі. Осыны ескерген Үкімет ірі қара мал тұқымының импортын қосымша құн салығынан, жеті мыңға жуық шараның ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерін салық төлеуден босату көзделген. Мемлекет басшысының тапсырмасымен, қазіргі жұмыс орындарын сақтай отырып, қосымша жаңа жұмыс орындарын ашу үшін кәсіпкер азаматтардың іскерлік белсенділігін ынталандыру мақсатында жұмыспен қамтудың жол картасы аясында 300 млрд. теңге бөлінді. Ең қуаныштысы, банктер қарыз алушылар төтенше жағдай енгізілген кездегі төлемдерінің мерзімін өткізіп алған жағдайда айыппұл мен өсімпұл есептемейді.

Еліміздегі төтенше жағдай көктемгі егіс жұмысының ең қарбалас кезінде енгізілді. Бұл науқанның ойдағыдай жүргізілуіне кедергі келтіруі мүмкін деген болжам да жоқ емес. Десе де, көктемгі егіс науқанына дайындық мығым. ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Сапархан Омаров көктемгі егіс жұмысының белгіленген жоспар бойынша жүргізіліп жатқанын, ҚР Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев жанар-жағармай қорының жеткілікті екендігін жеткізді. Қазір еліміздегі бірқатар облыста көктемгі егіс жұмысы қауырт жүріп жатыр. Жиында облысымызда атқарылып жатқан жұмыс жайын айтқан облыс әкімі Амандық Баталов:

– Аймағымыздағы көктемгі егіс жұмысы 10 наурыздан басталды. Ауылшаруашылық дақылдары 966 мың гектар жерге себілуі керек. Өткен жылмен салыстырғанда 4,9 мың гектарға артық. Бүгінгі күні 6,4 мың гектар жер жыртылып, 3,4 мың гектар алқапқа тұқым себілді. Сонымен қатар, өткен жылы 109,6 мың гектарға күздік дақылдар егілгенін айта кеткен жөн. «Жетісу» ӘКК» АҚ арқылы 548 ауылшаруашылық тауар өндірушісіне жоғары өнімді қант қызылшасының тұқымы жеткілікті мөлшерде сатып алынды. Дала жұмыстарына 333,8 мың бірлік ауылшаруашылық техникасы тартылады. Қазіргі таңда 96 пайызы сақадай-сай. Көктемгі егіс жұмыстарына көзделген 19 мың тонна дизель отынының 2,3 мың тоннасы жеткізілді. Көктемгі егіс жұмыстары тұрақты бақылауда, алаңдайтын жағдай жоқ. Бұл жұмыс 25 ма-мырда толығымен аяқталады, – деді.

Жиынды қорытындылаған Үкімет басшысы Асқар Мамин көктемгі егіс жұмыстарына дайындықтың жақсы екенін айта келіп, орын алған кемшіліктерді де жасырып қалмады. Осыған орай, министрліктер мен облыс әкімдеріне көктемгі егіс жұмысына қатысты дайындықты дұрыс жүйелеу, қажетті жанармай көлемін белгіленген көлем және баға бойынша қамтамасыз ету тапсырмаларын жүктеді.

◆ БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ



Қазақтың қаһарман ұлы Бауыржан МОМЫШҰЛЫ: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды», – деп қай қоғам болмасын, қандай жағдай кездеспесін ең әуелі тәртіптің алар орны ерекше екенін тайға таңба басқандай айтып-ақ кетті. Бұған дейін ара-тұра ел аузында айтылып, кейбір мақалаларда жазылып жүрген осы бір қорғасын ойдың дәл қазіргі уақытта біздің ел үшін құны алтыннан да қымбат болып тұр.

ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

Жұматай ӘМІРЕЕВ

Іргеміздегі Қытай елінен басталып, Еуропа мен Батысты дүрліктірген коронавирустың біздің арамызға келгеніне апта өтпей жатып, аты жаман ауруды жұқтырған адам саны оннан асып үлгерді. Миллиардтың үстіндегі көршімізді айтпай-ақ, сексен миллионға жуық Анадолыдағы түрік ағайындардың ішінде он екіге жеткендігімен салыстырсақ, он сегіз миллион тұрғыны бар Қазақстан үшін бұл кәдімгідей көңіл алаңдататын көрсеткіш. Төбемізден төніп келген індетке байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше ғана еліміз үшін отыз күндік төтенше жағдай жариялады. Індеттен қорғану – баршамызға міндет. Аурудың ошағы болған қытай елі бұл дерттен қалай құтылды? Әрине, бәріміз естіп, көріп отырғандай темірдей қатаң тәртібімен. Хансу жұртының Төрағасы «Есігіңді жап, терезеңді қымта, сыртқа аяқ басып шықпа», – деп әмір етті. Бағынбаса басы кететінін білген қытай азаматтары құлдық деп, қол қусырып, айтқанын орындады. Осылайша аз уақыттың ішінде аты жаман ауруды жеңіп шықты. Ал сауықшыл Италия жұрты сондай бейғамдық пен салғырттықтың нәтижесінде ауыр жағдайға душар болды. Еуропа елдері ішінде күніне сырқат табылып емес, сырқаттан көз жұмып жатқандар қатары көп мемлекетке айналып шыға келді.

Бұл сынақ бізге де оңайға соқпайды. Одан шығудың ең тиімді жолы біреу-ақ. Ол – тәртіпке бағыну ғана! Бір алаңдатарлығы біздің қоғамда: «Бұл құйтырқы саясаттың кезекті түлкібұлаңы. Қазақстанда коронавирус жоқ. Бұл әдейі жасалып жатқан қытайдың саяси жобасы», – деп алаңсыз жүргендер әлі де бар екен. Бір емес, осы іспеттес пікірді бірнеше ортада естідім. Иә, шынымен де бұл індет қытай мен біздің елдің арасында ғана жүріп жатса күмәнденуға болар. Көзі ашық, көкірегі ояу адамдар әлемнің коронавирус деп дүрлігіп жатқанын қалай естімейді, көрмейді? Таңқалатын жағдай. «Біздің елде жоқ» деген, әрине, естір құлаққа жақсы сөз. Бірақ бар екенін сәт сайын есті тұра, әлеуметтік желілерден, әсіресе, уатсаптан келіп жатқан түрлі алыпқашпа әңгімеге өзгермейтін Құран аятындай сеніп, қатып отырып алу ол ең әуелі өзіңе жасаған қастандық емес пе?! Жиырма төрт сағат дамылсыз қажылық жасаушылардың қасиетті ордасы болған қағбаның иесіз қалғандай бос тұруы, алып елдердің көшін бастап тұрған Американың алаңдауы, түбіміз бір Түркияның осы індеттен қорғанып, етек-жеңін жия бастауы, жанары жасқа толып, санасын мұң тұмшалаған Италия жұрты, өз ағамыз дейтін өзбектердің қамдануы... Айта берсек, алты құрлықты елең-алаң күйге түсірген тәжівирустың біздің де арамызға дендеп еніп бара жатқаны бәрімізді алаңдатуы керек. Алаңдау – айғай-аттан емес, сабырлық – бейғам отыру емес. Мемлекет басшысының осыған орай жасаған үндеуіне үнсіз бойұсынып, Жарлығына сай амал етпек керек. Жасыратыны жоқ, сауықшыл, тойшыл жұртпыз. Арнайы іздеп баратын, келсе, құшақ жая қарсы алатын қонағымыз көп. Мемлекетке қатысты іс-шаралар мен жиындар, ойын-сауық орталықтары мен түрлі спорттық шаралар, кинотеатрлар мен театрлар тоқтатылар-ау, бірақ, алдын ала тапсырыс беріп, уақытын белгілеп, қонағымызды шақырып қойған тойымыз бен аруағын құрметтеп, Құран оқытып беретін асымызды қайтпекпіз. Ал ел Президентінің Жарлығына құлақ түрсек, отбасылық, салт-дәстүр іс-шараларын өткізуге тыйым салынсын делінген. Үндемей келіп, үйдей пәлені басымызға үйіп кететін күшке ие індеттен сақтанудың бір жолы – уақытша осындай жиын-тойлардан бас тарту. Яғни, тәртіпке бойұсыну. Қасиетті Құран кәрімдегі «Әмірлеріңе бағыныңдар» деген аятқа дәл осы жолы шынымен де амал жасағанымыз абзал. Өзіңізді, отбасыңызды сақтағаныңыз Отаныңызды сақтағаныңызбен бірдей. Жамандық шақырғаным емес, қазақы бейғамдықпен «Әй, құдай сақтасын» деп тәуекел етіп, аяғында айықпас дертке ұрынып жүрмейік. Соңғы күндері жиі айтылып кеткен «Сақтансаң – сақтаймын», деген қорғасын ойды санамызда қорытып, амалымызға айналдырайық. Алланың кітабында тағы да : «Өз-өздеріңді қауіп-қатерге тікпеңдер», – деп ескерту жасаған («Бақара» сүресі, 195-аят). Ендеше жанашыр туған-туысыңызбен ақылдасып, бір-біріңіздің ойыңызды мақұлдасып, той-жиыныңызды кейінге шегере тұрыңыз. Сонымен бірге «Инширах» сүресінің 5-6 аятында: «Әрбір қиындықпен бірге сөзсіз жеңілдік бар» деп қайта-қайта ескертеді. «Құдайсыз құрай сынбайды» деген елдің ұрпағымыз ғой, ағайын! Ауруды берген Алланың ши-пасын да беретініне сенімді болайық. Ендеше, бұл індеттің алғашқы емі – темірдей тәртіп екенін естен шығармайық.

◆ САБЫР ТҮБІ — САРЫ АЛТЫН

СЫНДАРЛЫ СӘТТЕ БІР БОЛАЙЫҚ

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Қадірлі бауырлар!

Адам атадан тараған күллі адамзат баласы жаратылған сәттен бастап түрлі жақсылықтар мен сынақтарды бастан кешуде. Өйткені, өмір – сынақ мекені. Ал мұсылманның мұраты – сынақты сауапқа айналдыратын амал жасау.

Иман шартын жүрегіне бекіткен мүмін жақсылық пен жамандық – Алладан деп қабылдайды. Нығметке кенелсе – шүкір етеді, қиындыққа тап болса – төзімділік танытады.

Біз – тарихымыздың сан қилы сындарлы сәттерінде үмітсіздікке берілмей, бір Алладан медет тілеген халықпыз.

Ендеше, мұсылман қауымын құлшылық кезінде еліміз бен жеріміздің, күллі адамзаттың амандығы үшін дұға жасауға шақырамын.

Құрметті жамағат!

Ардақты пайғамбарымыз алдын ала келетін түрлі дерттен сақтану үшін ұйқыға жатар кезде «Ықылас», «Фалақ», «Нас» сүрелерін оқып, алақанына үрлеп, денесін сүрткен. ***Дұға – мұсылманның қорғаны. «Дұға – ғибадаттың мәні»*** (хадис). Алла Тағала «Мүмин» сүресінің 60-аятында: **«Менен сұраңдар. Тілектеріңді қабылдаймын»** деп уәде еткен.

Жаратқанға жалбарынып, дұға жасап, иманымызды күшейтіп, қателікемшіліктен арылуға тырысайық. Біз «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген аталы сөздің қадірін біліп, жақсылыққа ұмтылған ұлтпыз.

Сындарлы сәтте бір-бірімізге жақсы сөз айтып, көмекке мұқтаж отбасыларға қайырымдылық жасап, мол сауап алуға асығайық!

Тазалық пен имандылық – егіз ұғым. Ең бастысы, жұқпалы індеттің алдын алу үшін тазалық шараларына аса мән беруіміз керек.

«Жеті рухани қазық» құжатымызда бауырмалдық, адалдық, адамгершілік, бірлік, ізгілік сынды қоғамға қажет құндылықтарды айрықша атап өттік. Осынау игі бастаманы амалға асырып, ізгі істерде бір-бірімізге көмекші болуға үндеймін.

Құрметті отандастар!

Біз талай зұлматты заманды бастан кешіп, өсіп-өнген елміз. Қиындықты сабырға жеңдірген адам Алланың разылығы мен рақымына ие болады. **«Расында, Алла сабыр етушілермен бірге».** Раббымыз «Бақара» сүресінің 153-аятында құлдарын осылай сүйіншілейді.

Уақытша сынақты әуелі Алланың жәрдемімен, иманымыз бен бірлігіміздің арқасында жеңіп шығатынымызға көбірек үміт артайық.

Алла тағала Отанымызды, күллі адамзат баласын жұқпалы індеттен аман етіп, өз панасында сақтағай. Баршаңызға Алланың амандығы мен берекетін тілеймін.

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
бас мүфти

Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының барлық қала тұрғындарына ҮНДЕУІ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Құрметті қала тұрғындары!

Қытайдың Ухань қаласынан тараған КОРОНАВИРУС індеті қазір әлемдік пандемияға айналып отырғаны белгілі. Ол қауіпті аурудың Қазақстанға да жеткені мәлім болып отыр. Құзырлы органдардың өкілдері халықты сақтандыру, індеттің алдын алу мақсатында көптеген шараларды жүзеге асыруда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Үндеу жолдап, өзінің Жарлығымен елде төтенше жағдай жариялап, карантин режимін енгізді. Мұның бәрі сақтық шаралары екенінде дау жоқ. «Сақтансаң сақтаймын» деген Алланың атымен айтылған қасиетті сөзді басшылыққа ала отырып, қала ардагерлері баршаңызды сақ болуға шақырады. Өзіміздің санитариялық тазалығымызды, жеке басымыздың гигиенасын сақтап, көпшілік шоғырланған жиындардан алыстап жүргеніміз дұрыс болар еді. Мұны қазір денсаулық сақтау ұйымдарының ресми өкілдері де көптеп айтуда. Осындай жағдайлардан туындаған шарттар мен талаптарды мүлтіксіз орындап жүрсек, өзіміз үшін де, қоршаған орта үшін де нәтижелі болмақ. Осындай қиын сәттерде пайдалы ақыл-кеңестерге құлақ асып, сабыр сақтай білгеніміз абзал. Дана халқымызда «Сабыр түбі – сары алтын» деген қағидалы сөз бар.

Ұлтымыздың өткен тарихына көз жіберсек, оның талай қиын кезеңдерді бастан кешіргенін анық байқаймыз. Мұнан да қиын уақыттарда өмір сүрген, тағдырдың талқысына түскен дәуірлерде халқымыз өздерінің сабырлылығымен, парасаттылығымен, қажыр-қайратыменен, өрелі өміршеңдігімен, күшті ерік-жігерімен бүгінгі күнге аман-есен жетіп, әлем елдерінің алдыңғы шоғырынан көрінуде. Осындай ұстамдылықтың сол Ұлы Даланың қазіргі ұрпағына ауадай қажет екені түсінікті. Тек бір-бірімізді қолдай, демей білсек болды. Сондықтан қаладағы көпті көрген көнекөз, сан тарихи құбылыстарды бастан кешірген тәжірибелі ардагер ақсақалдар барша қала тұрғындарын сабырлылықты сақтауға, орынсыз үрейге берілмеуге, бір-бірімізге түсіністік білдіре отырып, қиындықты бірлесе жеңуге шақырады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» екенін ұмытпайық, ардақты ағайын!

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ
АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ

◆СЕЛЕКТОР

БАҒА ТҰРАҚТАЛАДЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ төрағалығымен кезекті селекторлық отырыс өтті. Оған аудан, қала әкімдері, басқармалар мен департамент басшылары, мекеме өкілдері қатысты.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров бірінші кезекте көктемгі дала жұмыстарының барысы туралы есеп берді. Серікжан Ісламұлы облыс бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне мониторинг жүргізу және бағаны ұстап тұру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын, бұл үшін резервтер барын, барлық жерде ауылшаруашылығы жәрмеңкелері өткізілетінін, тұрғындар сатып алатын қажетті дүниелер жеткілікті екенін атап өтті.

Алайда облыстың бірқатар өңірінде әлі күнге көкөніс пен жеміс, жарма және басқа да өнімдер көрсеткіші анықталмаған. Нәтижесінде, бағаны заңсыз көтеру фактілері бар. Мұндай көрініс, мысалы, Сарқан ауданында байқалады. Амандық Ғаббасұлы жағдайды шұғыл түрде түзету қажеттігін атап өтті. Оған қоса, облыс аудандарында қажетті азық-түлік бағасы әртүрлі болуы дұрыс еместігін, бағаны бақылауда ұстау қажеттігін ескертті. Сондай-ақ, облыс басшысы шағын бизнеске қолдау көрсету, эпидемиологиялық жағдайға байланысты уақытша пайдаланылмайтын алаңның жалдау ақысын кейінге қалдыру немесе алып тастау үшін келіссөздер жүргізу қажеттігін тапсырды.

Өз кезегінде облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов қазіргі кездегі өзекті мәселе – қауіпті дерттің алдын алу турасында сөз сөйледі. Оның айтуынша, бүгінде облысқа 27 жасанды тыныс алдыру аппараты (ИВЛ) жеткізіледі деп күтілуде. Алайда тағы да осындай 83 аппарат қажет. Қазірше аймақта жеткілікті төсек-орын бар. Қажет болған жағдайда оны 11 мыңға жеткізуге болады. Індеттің алдын алуға байланысты өңірлерде Халыққа қызмет көрсету орталығы қашықтықтан қызмет көрсетуге көшті. Барлық мектепке дейінгі мекемелер жабылды. Қазір ең бастысы – вирустың таралуына тосқауыл қою, жұқтыру деректерін азайту.

Жиын барысында облыс басшысы тұрғындардың арасынан әлеуметтік жәрдемақы төлеуді қажет ететіндерін анықтау қажет екенін атап өтті. Отырыста елді мекендерге кіреберістерде жұмыс істейтін өткізу пункттері қызметкерлерін ыстық тамақпен үздіксіз қамтамасыз ету мәселелері көтерілді. Жиында әрбір айтылған мәселе бойынша тиісті ұсыныстар беріліп, олардың орындалу мерзімдері нақтыланды.

◆ӘЛЕУМЕТ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖАЛҒАСАДЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ жұмыссыздар мен жұмыстан қысқартылғандарды еңбекпен қамту үшін басқарма басшылары және аудан әкімдерімен жиын өткізді.

Гүлжан ТҰРСЫН

Жалпы жұмыссыздықты болдырмау, аймақты дамытуға арналған «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бағдарламасы аясында облысқа республикалық бюджеттен 109,2 млрд.теңге бөлінген. Жиын төрағасы Амандық Ғаббасұлы аудан әкімдеріне аталған қаржы бизнесті жүргізу жобасы бойынша бөлінетінін айтты.

– Уақыт беремін. Жобаларыңызды ұсыныңыздар. Құрылыс жүргізетін компания жергілікті жерден болсын. Сол маңдағы адамдар еңбекке тартылсын. Сырттан компания, жұмыс күші келмеуі тиіс. Ондай жағдай орын алса, шара қолданамын. Жұмысқа орналастыру жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында тіркелген адамдарды еңбекке тарту негізінде іске асырылуы тиіс. «Жол картасы» бағдарламасы аясында 27306 адам еңбекпен қамтылуы тиіс. Қай жерде қандай жұмыс басталды, неше адам жұмысқа орналастырылды, сол бойынша ақпарат беріп тұрыңыздар, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Қаржы негізінен жол жөндеу, әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, абаттандыру және ирригацияға бөлінеді. Жиын төрағасы аудан әкімдері мен жауапты басшыларға Ақсу мен Көксу аудандарындағы қант зауыттарының жұмысын жандандыру, қызылша алқабын кеңейту, өнімділікті арттыру, қант қызылшасының қалдығын мал азығына қолдануды тапсырды. Биылдан бастап тәтті түбірдің әр гектарынан 400 центнерден өнім алу міндеттелді. Облыс басшысы жергілікті әкімдерге биылғы халық алдындағы есеп беруде тұрғындардан түскен ұсыныс-тілектерді орындауды басты орынға қоюды жүктеді. Биыл ирригациялық жүйе, яғни, алқаптарға арық, су жүйелерін тарту жандандырылады.

Жиында белгілі болғандай, елдегі төтенше жағдайға қарамастан көктемгі егіс, құрылыс, әлеуметтік сала, мектеп, аурухана салу жұмыстары өз деңгейінде жүргізіле береді. Жұмыс қарқыны күшейтіледі.

МҰҚИЯТ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

«Азық-түлік бағасын қадағалау, бағаны тұрақтандыру – аудан, қала әкімдерінің негізгі міндеті». Облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров қала, аудан әкімдерімен өткізген селекторлық жиында осылай мәлімдеді.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Бірқатар ауданда жүргізілген мониторинг нәтижесінде қант, күріш, картоп және сүт өнімдерінің бағасы көтерілген. Осы жағдайды алға тартқан облыс әкімінің орынбасары әкімдерге тұрақты түрде тауарлардың бағасын бақылауды қатаң тапсырды. Алдағы уақытта әкімдер «Азия Агрофуд» компаниясымен келісімге отырып, тұрғындарға қалыпты бағада, яғни, келісі 130 теңгеден ұн беретін болады. Арзандатылған ұн әр отбасын қамтуы тиіс.

– Бүгінгі таңда облыс бойынша әлеуметтік маңызды тауарлардың барлығы жеткілікті. Алаңдауға еш негіз жоқ. Алайда аудан, қала дүкендеріндегі тауарларға сұраныс артты. Осы сәтті пайдаланған саудагерлер бірқатар тауардың бағасын қымбаттатып үлгерген. Салдарынан халық ішінде түсініспеушілік орын алуда. Жергілікті жерде тауарлардың бағасы қымбаттаса, бұған бірінші қала, аудан әкімдері жауап беретін болады. Сондықтан да, бағаның тұрақты болуын күнделікті қадағалаңыздар. Аудандар бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істеуі керек. Мәселен, Райымбек ауданының қорында картоп өнімі бар. Балқаш ауданы арзан бағада күріш берсе, Қаратал ауданы мен Қапшағай қаласынан пияз алуға мүмкіндік бар. Халыққа қорда азық-түлік бар екенін және баға да тұрақты қадағаланатынын түсіндіру – бәріміздің міндетіміз. Бұл іске немқұрайдылық танытпаңыздар, – деді Серікжан Бескемпіров.

Облыс бойынша күнделікті көтерме сауда мен сатылымдағы тауарлардың бағасына мониторинг жасалып отыр. Барлық сауда орындарындағы азық-түлік бағасы бақылауға алынған. Бұл іс алдағы уақытта да басты назарда болады.

◆КӨКТЕМНІҢ БІР КҮНІ ЖЫЛҒА АЗЫҚ



ҚЫЗЫЛША АЛҚАБЫНЫҢ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

БҮГІНГІ

күнде облыс бойынша 88,7 мың гектар жер жыртылып, 19,2 мың гектар алқапқа ауылшаруашылығы дақылдары себілді.

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНА

арналған алқап көлемі де ұлғайды. Мысалы, былтыр 14,0 мың гектарды құраса, биыл бұл көрсеткіш 16,1 мың гектарға жеткізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Энергетика министрлігі көктемгі егістікті атқару үшін 19,0 мың тонна дизель отынын бөлді.

Көктемнің екінші айына аяқ бастық. Бұл әсіресе ауыл еңбеккерлері үшін өте жауапты кез. Өйткені, төрт түлік көбейіп, өріске шығады, даласында қызу еңбек басталады. Сала мамандары да бұл уақытты тиімді өткізуге тырысуда.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы мамандарының берген мәліметіне жүгінсек, аймақта қазір көктемгі дала жұмыстары ойдағыдай жүріп жатыр. Биыл ауылшаруашылығы дақылдарына арналған алқап көлемі ұлғайды. Мәселен, егіс көлемі 4,9 мың гектарға көбейіп, 966,4 мың гектарды құраған. Атап өтейік, дәнді бұршақты және дақылдар – 459,5 мың гектар, дәндік жүгері – 83,4 мың гектар, күріш – 10,5 мың гектар, майлы дақылдар – 163,3 мың гектар, картоп – 39,9 мың гектар, көкөніс – 31,9 мың гектар, бақша дақылдары – 4,7 мың гектар, азықтық дақылдар – 250,9 мың гектар. Қант қызылшасына арналған алқап көлемі де ұлғайды. Мысалы, былтыр 14,0 мың гектарды құраса, биыл бұл көрсеткіш 16,1 мың гектарға жеткізілді. Бүгінгі күнде облыс бойынша 88,7 мың гектар жер жыртылып, 19,2 мың гектар алқапқа ауылшаруашылығы дақылдары себілді.

Биыл Талдықорған өңірінің «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі филиалының тәжірибелік шаруашылық базасында жаңа инновациялық технологиялар бойынша 35 гектар алаңда қант қызылшасы мен жүгері және майбұршақ инновациялық себу жүзеге асады. Талдықорған төңірегінде қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының еншілес мекемесінің базасында қант қызылшасы, жүгері, майбұршақ дақылдарын өсіру жөнінде оқу семинарлары өтті.

Сонымен бірге 14193 гектар қант қызылшасының егістігіне қажетті 10833 себу бірлігін жеткізу үшін «Жетісу» ӘКК» Өңірлік даму институты» акционерлік қоғамы Франция, Германия және Дания мемлекеттерінің тұқым өндірушілерімен келісімшарт жасады. Науқандық шараларды атқаратын техникалардың басым бөлігі дайын. Күріш, бидай, картоп, мал азығы дақылдарын өндіру бойынша құрылған жеті сервистік дайындау орталығына көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін 36 бірлік ауылшаруашылығы техникасы жеткізілді. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі көктемгі егістікті атқару үшін 19,0 мың тонна дизель отынын бөлді. Кестеге сәйкес наурыз айында 5400 тонна, сәуір айында 7300 тонна және мамыр айына 6300 тонна қарастырылған. Қазіргі таңда 2,3 мың тоннасы жеткізіліп, 400 тоннасы ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне берілді.

2020 жылғы болжамды егіс құрылымына сәйкес 233,2 мың тонна ауылшаруашылығы дақылдарының тұқымдары құйылып алынды. Күздік дақылдар тұқымы толық тексеруден өтіп, кондицияға жеткізілді және себілді.

◆АЗЫҚ-ТҮЛІК

ҰН ТҰРАҚТЫ ЖЕТКІЗІЛЕДІ

«Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ облыстың азық-түлікті тұрақтандыру қорының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін мамандандырылған ұйым. Тұрақтандыру қоры азық-түлік нарығына реттеушілік ықпал ету үшін құрылған азық-түлік тауарларының жедел қоры және бағаның өсуін тежеу мен тұрақтандыру тетіктерінің бірі саналады.

Тұрақтандыру қорына ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес бекітілген тізбе бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары сатып алынады. Аталған тізбеге күнбағыс майы мен тұзды қоспағанда, оның 17-сі облыс аумағында өндіріледі, 19 тауардың түрі кіреді. Азық-түлік тауарларының бөлшек бағасы аймақтың азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссиямен бекітілген. Бүгінгі таңда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу бойынша іркілістер байқалмайды.

Облыстың тұрақтандыру қоры 2015 жылдан бастап 10 991,2 тонна азық-түлік тауарларын сатып алды, оның 8626 мың тонна өнімі өткізілді. Қазіргі таңда қорда 2364,8 тонна өнім бар. Оның ішінде 1686,9 тонна ұн, 608,1 тонна қант, 18,5 тонна күріш, 9491 литр сұйық май, 0,7 тонна кеспе, 7,1 тонна пияз, 33,8 тонна картоп.

Сондай-ақ, «Жетісу» ӘКК бүгінгі күні нанның бағасын қалыпты ұстап тұру мақсатында 2019 жылдың қарашасынан бастап облыстағы наубайханаларға арзандатылған ұн жеткізіп келеді. Өнім отандық өндірушілер – Қарасай ауданындағы «АзияАгроФуд» АҚ және «Семей-Элита-2» кәсіпорнынан сатып алынды. «Жетісу» ӘКК облыстың 52 наубайханасымен бірінші сұрыпты бидай ұнын жеткізу жөнінде агенттік келісім жасады. Қазір наубайханаларға 4 мың тоннадан аса ұн жөнелтілді.

Наубайханаларға ұнды жеткізу мамыр айына дейін жалғасады деп жоспарланып отыр. Кәсіпкерлерге ұн бір келі үшін 90 теңге бағамен берілді. Соның арқасында наубайханада пісірілген нанның бағасы 85 теңгеден аспайды. Сонымен бірге Талдықорған дүкендерінде қолжетімді бағамен әлеуметтік маңызы бар тауарлар сатылатын «әлеуметтік сөрелер» орнатылды. «Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ-ның мәліметінше, қазіргі уақытта Талдықорған қаласының және Өтенай ауылының дүкендерімен бес агенттік келісім жасалды.


Аталмыш бес дүкенде облыстың тұрақтандыру қорының өнімдері белгіленген баға бойынша сатылып келеді. Олардың қатарында құмшекер, күнбағыс майы, күріш, кеспе, картоп және пияз бар. Отандық өнімдер жоғары сапалылығымен және қолжетімді бағасымен ерекшеленеді. Бұл азық-түліктерді дүкендерден «Әлеуметтік маңызды тауарлар» атты арнайы бұрыштан табуға болады.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

◆ҚҰРЫЛЫС

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Кейінгі жылдары өңірімізде құрылыс саласының қарқыны күшейіп, жұмыс орны көптеп ашылып жатқанын жұрт біледі. Бүгінгі күндегі қиын жағдайда құрылыс саласы жұмыссыз қалған көптеген адамның тіршілігін түзеуіне сеп болатыны анық. Бұл туралы осыдан бірер күн бұрын өткен жиын барысында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ айтып өтті.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Қажет АНДАС

Облыстық құрылыс басқармасының ақпараты бойынша, ағымдағы жылы құрылыс саласының бюджеті 64239,6 млн. теңгені құрады. Бөлінген қаражат есебінен білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй, инженерлік желі, коммуналдық шаруашылық, ішкі істер органдары, спорт салалары бойынша 730 нысан бой көтермек. Жыл басынан бері Қарасай ауданы Әйтей ауылындағы 1200 адамға арналған орта мектеп, Талдықорған қаласындағы колледж студенттеріне арналған жатақхана, Панфилов ауданы, Нұркент қаласындағы инженерлік желілерді сумен жабдықтау, Талдықорған қаласындағы Жастар-3 ауылындағы жеке тұрғын үйлерге арналған инженерлік желілерді сумен жабдықтау қатарлы төрт нысан жұрт игілігіне берілді. Қазіргі таңда аймақ бойынша 691 нысанның құрылыс жұмысы қызу жүріп жатыр. Оның 39 нысаны келесі жылға өтпелі делінгенімен осы ауқымды жұмыс талай адамның екі қолға бір күрек табуына мүмкіндік береді.

Ал облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 27 наурыздағы ақпаратына сәйкес жаппай кәсіпкерлікті ынталандыру мақсатында «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасының үш бағыты бойынша 5749 бос жұмыс орны тіркелгені көрсетілген. Аталған басқарма осы уақытқа дейін Бірыңғай электрондық еңбек биржасы арқылы 2953 адамды жұмысқа орналастырған.

Жоғарыда аталған бос жұмыс орындарының дені кәсіптік-техникалық мамандарды іздейді. Аймағымызда жүріп жатқан құрылыстарда дәнекерлеуші, кран жүргізуші, тағы да басқа шеберлер жетіспейді. Осыған орай, Нұр-Сұлтан мен Алматы қаласының карантинге жабылуына байланысты жұмыстан босап қалған жергілікті тұрғындар облыстағы бос жұмыс орындарына орналастырылып, құрылыс саласының қажеттілігін шешетін болады.

◆ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

УАҚЫТЫЛЫ ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРА

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ елдегі төтенше жағдайға және мемлекеттің экономика мен әлеуметтік саладағы дағдарысқа қарсы іс-шараларына қатысты жасаған мәлімдемесі көп көңілінен шықты. Халыққа арналған Үндеуде алдымен бүкіл әлемді жайлаған қатерлі індеттің залалын жою мақсатында іске асырылып жатқан іс-шараларға назар аударылып, бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыруға әлі де күш салынуы тиіс екендігі айтылды. Әлеуметтік мәселелер мен кәсіпкерлік, ауылшаруашылығы салаларына да баса көңіл бөлінді.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Мемлекет басшысының алға қойған мақсат-міндеттерін орындауға кіріскен облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** аталған салаларға жауапты лауазымды тұлғалар мен аудан-қала әкімдерімен селекторлық жиын өткізді. Онда Президент Үндеуінде айтылған мәселелер талқыланып, сала қызметкерлеріне тапсырмалар берілді.

Амандық Ғаббасұлы: *«Өздеріңізге белгілі, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Үндеу жариялады. Мәлімдемені мұқият тыңдадым. Онда бүгінгі жағдайға байланысты қабылданып жатқан қосымша іс-шаралар туралы айтылып, тапсырмалар жүктелді. Елдің жағдайына жіті көңіл бөлінді. Осыған байланысты көрсетіліп жатқан нақты көмектер мен қолдауларды атап өткен Президент әсіресе ауылшаруашылығына, соның ішінде шаруаларға көмек қолын созу, көктемгі егіс жұмыстарын сәтті жүргізу, азық-түлік, басқа да мәселелерге қатысты ойын ашық жеткізді. Мен де бұл Үндеуде айтылған тұжырымдарға толық қосыламын. Дәл бүгінгідей уақытта Үкімет тарапынан жасалып отырған қамқорлықтардың халық үшін маңызы зор. Оны шаруалар да сезінулері керек. Басқармалар мен департаменттердің басшылары, аудан-қала әкімдері берілген тапсырманы уақытылы орындау үшін бірлесе жұмыс атқарулары керек»,* – деді.

Аймақ басшысы елдегі қауіпті індетті жою мақсатында қолға алынып отырған іс-шаралар жайын да сөз етті. Осы ретте облыс басшысы коронавирус инфекциясының кең таралу қаупін болдырмау мақсатында жергілікті тұрғындардың бетперде киіп жүруі, көпшілік жиналатын орындарға бармау, тазалық сақтау сияқты қағидаттарды бұлжытпай орындауы және мұның бәрі оларды қауіпті індеттен сақтандыру үшін қойылып отырған талаптар екенін түсіндіріп, осы мақсатта денсаулық сақтау, күш құрылымдары секілді сала мамандарының күндіз-түні қызмет етіп жүргендерін, олардың еңбегін бағалап, қолдау көрсетуге тиіс екеніміз жеткізілді.

Ал салаға жауапты қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндетті мінсіз атқаруда көпшілік орындарды жиі-жиі тазалап, санитарлық жұмыстар жүргізу қажет екенін тағы бір мәрте еске салып өтті. Аймақ басшысы аудан, қала әкімдерінен жергілікті тұрғындарды бетпердемен қамтамасыз етуде қандай жұмыстардың атқарылып жатқанын сұрап білді. Әкімдер медициналық маскалардың қажетінше тігілуде екенін айтты. Белгілі болғандай, аудан-қалалардың алды жиырма, отыз мыңдай, соңы бір мың данасын қолдан тігіпті. Облыс басшысы бұл жұмыстардың тексерілетінін айтып, Талдықорған, Текелі, Қапшағай қалалары тұрғындарының бетпердесіз жүрмеуін талап етті. Медициналық маскалармен әсіресе зейнеткерлер мен ардагерлер, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасы мүшелерінің қамтамасыз етілулері тиіс екені жеткізілді.

Жиын барысында экономиканы алға жылжыту мәселесіне ден қойылды. Қасым-Жомарт Кемелұлы 23 наурызда төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында «Жұмыспен қамтудың жол картасын» жүзеге асыру үшін 1 трлн. теңге бөлуді тапсырды. Оның ішінде Алматы облысына 109,2 млрд. теңге қарастырылған. Облыс басшысы осының шеңберінде 27 мыңнан аса жұмыс орындарының құрылатынын, бірнеше білім, денсаулық сақтау нысандарының салынатынын және бөлінген қаражаттың жыл соңына дейін мақсатты жұмсалуы керек екенін қадап тапсырып, осы бойынша жауапты тұлғаларға міндеттемелер жүктеді.

– Мемлекет басшысының Үндеуінде ауылшаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге де қолдау көрсетілетіні айтылды. Олар үшін бюджеттен 70 миллиард теңге қаражат қарастырылған. Ал көктемгі егіс науқаны үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы арқылы қосымша 100 миллиард теңге бөлу тапсырылды. Сонымен қатар, Үкіметке жанармайдың нарықтық бағасын он бес пайызға арзандатып, 165 теңгеге дейін төмендету міндеті жүктелді. Бұл, шаруалар үшін үлкен көмек. Осыны тиімді пайдаланып, жедел жұмыс жүргізу керек. Сондықтан, қарастырылып отырған қаражатты тиімді пайдаланып, шаруаларға көмек қолын созыңыздар. Барлық аудан, қала әкімдері, көктемгі егіс жұмыстарын талапқа сай өткізуге тырысыңыздар. Мұның бәрі азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі болады, – деген Амандық Ғаббасұлы бұдан арғы сөзін қант қызылшасынан алынатын өнім көлемін арттыру бойынша жұмысты жандандыру қажет екенімен байланыстырды.

Биыл тәтті түбірге арналған алқап көлемі ұлғайды. Осыған байланысты қант зауыттары бар Ақсу, Көксу аудандарының әкімдеріне тапсырмалар берілді. Облыс бойынша ауылшаруашылығы дақылдары алқаптарының көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4,9 мың гектарға артып, 966,5 мың гектарды құрап отыр. Сондай-ақ, облыс басшысы аймақтағы орта және ірі өндіріс орындарын іркіліссіз жұмыс істету, жергілікті тұрғындардың еңбекпен қамтылуы мен өндіріс ошақтарында жұмыс істейтін азаматтардың жалақысының уақытылы төленуін қамтамасыз ету мәселесіне ден қойды. Осыған байланысты жұмысшылардың айлық жалақысын бірнеше айға кешіктіріп отырған бір-екі кәсіпорын сынға алынып, себеп-салдары сұралып, жауаптар алынды және бұл мәселенің тез арада оң шешімін табуы керек екені, жалпы қандай жағдай болсын жұмысшылар еңбекақысының мерзімінде төленуі тиіс екендігі талап етілді.

Сонымен бірге 42500 теңге көлеміндегі көмекті алатын азаматтардың санатын кеңейтуді тапсырған Мемлекет басшысының Үндеуі одан әрі талқыланып, осы бойынша берілген тапсырмаларды жүзеге асыруда тиісті жұмыстардың атқарылатыны жеткізілді. Әсіресе дәл қазіргідей сәтте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қорын қамтамасыз ету, олардың бағасын тұрақтандыру мәселесі назарға алынып, бұл бағыттағы іс-шаралардың қалай жүріп жатқаны пысықталды.

Осы туралы облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев және бірқатар аудан, қала әкімдері баяндады. Айта кетейік, әлеуметтік маңызы бар он тоғыз түрлі азық-түлік тауарларының тоқсан пайызы өзімізде өндіріледі. Серік Мелісұлының сөзінше, тұрақтандыру қорында 2226 тонна түрлі азық-түлік тауарлары дайындалған. Оның 912 тоннасы қазіргі кезде жергілікті жерлерге жеткізілген. Бұл өз кезегінде облыстың өңірлерінде әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын төмендетуге мүмкіндік бермек. Өз кезегінде облыс басшысы қолға алынған шаралардың нәтижесінде бағаны тұрақтандыруда жақсы қозғалыс барын атап өтті. Дегенмен, жүргізілген талдау қорытындыларына қарағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің кейбір түрлері Ескелді, Панфилов, Үйғыр аудандарында көтеріңкі қалыпта қалған. Осы аудандардың әкімдеріне жақын күндері жағдайды тұрақтандыру қажеттігі қатаң ескертілді.

Нәтижелі шараның тағы бірі – облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес «Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ атқарған жұмыс. Аталған мекеменің басшысы Талғат Малыбаев әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің тізіміне 19 түрлі тауар киретінін, соның 17-і біздің облыста өндірілетінін айтты. Олардың бағасын ұстап тұру үшін «Жетісу» ӘКК облыстағы ірі сауда нүктелерімен және ауылшаруашылығы тауар өндірушілерімен келісімшарт жасасып, соның негізінде кәсіпкерлер банк кепілдігіне айналым қаражатын ала алады. Есесіне олар халықты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтып, бағаны ырықтандырып ұстап тұруға тиіс. Келісімшарт бұзылған жағдайда сауда нүктелері де, ауылшаруашылығы тауар өндірушілері де салынған қаржыны қайтарулары тиіс. Бүгінгі күні осы мақсатқа облыс бюджетінен 1 млрд. теңге бөлінді. Амандық Ғаббасұлы қажет болған жағдайда қосымша тағы 1 млрд. теңге бөлінетінін айтты.

– Алматы облысы – негізінен аграрлық өңір. Сондықтан біз облысты барлық қажетті азықпен қамтамасыз етіп, қосымша қор жинақтауымыз керек. Яғни, бұрынғыдан да көп жұмыс істеуге тиіспіз. Көктемгі дала жұмыстарының барлығы өз мерзімінде жүргізіліп, ешқандай жерде босаңсуға жол берілмеуі керек. Ол үшін бізде барлық жағдай бар, қажетті көмек көрсетіліп келеді. Аудан, қала әкімдері, тиісті басқарма басшылары көктемгі дала жұмыстарының атқарылу барысын ерекше бақылауға алсын. Қант зауыттарын 600 мың тоннадай қызылшамен қамтамасыз етуіміз керек. Ал жүгерінің алқабын 82 мың гектарға жеткізуді міндеттеймін. Заманға сай агротехнологияны қолдана отырып, өнімділікті арттыруға тиіспіз, – деген аймақ басшысы аталған тауарлардың бағасын тұрақты ұстауға баса мән беру қажеттігін тапсырды.

◆ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ТИІМДІ КАРТАСЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2020 жылға арналған республика бюджеті баяндалды.

Еңлік ҚАБДЕШ

Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары, қаржы министрі Әлихан Смайылов, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов баяндама жасады.

Үкімет басшысы басым міндет жұмыспен қамту екенін атап өтті. Жаңа «Жұмыспен қамтудың жол картасын» қаржыландыру 1 трлн. теңгеге ұлғайтылды. Бұл 240 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Одан бөлек, бұған жобалар іске асырылатын кезде құрылатын уақытша жұмыс орындары ғана емес, тұрақты жұмыс орындарын құру да кіреді.

Үкімет басшысы кәсіпкерлерді қолдау үшін салықтық жеңілдіктер қабылданғанын айтты. Оған сауда, қоғамдық тамақтандыру, қонақүй және туристік бизнес, сондай-ақ, қызмет көрсету секторының басқа да салалары кіреді. Салықтан босату және мөлшерлемелерді төмендету маусым, қазан айына және жыл соңына дейінгі түрлі мерзімге қолданылады. Республика бойынша 700 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісі жеңілдікке ілінеді.

Әлеуметтік төлемдерді алушылардың қатарына жұмысынан айырылғандар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз кейбір топтары жатады. Шамамен 3 млн. қазақстандық 42500 теңге мөлшерінде төлемақы алатын болады. Көпбалалы отбасыларға, жұмыссыздарға тұрақты негізде тұрмыстық азық-түлік жиынтығы тегін берілетін болады. Бұл шамамен 800 мыңнан аса адам.

Облыс бойынша 2020 жылға арналған макрокөрсеткіштер және республикалық бюджеттің нақтыланған болжамы да тыңдалды. Бұл жөнінде облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** баяндады.

– Биылғы жылдың бірінші тоқсанында күтілетін өнеркәсіп көлемі 203 млрд. теңге. Оның ішінде ауылшаруашылығы – 80 млрд. теңге, құрылыс – 24,8 млрд. теңге, инвестициялар – 64,2 млрд. теңге. Облыс бойынша 156 мың адам жұмыспен қамтылған ірі (48) және орта (158) кәсіпорындарда өндіріс көлемінің төмендеуі және қызметкерлерді босату тіркелмеген. Мемлекеттік сараптама қорытындысы алынған жобалық-сметалық құжаттаманың арқасында біздің облысқа 22,8 мың жұмыс орнын құра отырып, 977 жобаны іске асыруға 109,2 млрд. теңге бөлінді, – деген Амандық Ғаббасұлы 58,9 млрд. теңге әлеуметтік-мәдени саланың 429 жобасын іске асыруға бағытталғанын жеткізді.

Биыл облыс көлемінде 23 мектеп салынады. Айта кетерлігі, аймақта 32 ұшауысымды мектеп бар. Сондай-ақ, 5 ауылдық дәрігерлік амбулатория салынып, 220 елді мекенде 500 шақырым жолға жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

«Еңбек» бағдарламасы аясында да бірқатар жұмыс атқарылды. Нақтыласақ, жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 22 мың адамды қамту жоспарлануда. Сонымен қатар, 75 нысан іске қосылып, 5 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Бұл жөнінде:

– Облыс бойынша қолдау шараларының арқасында жұмыстан шығарылған және жұмыссыз тұрғындар үшін 65 мың жұмыс орны құрылатын болады. Ең төменгі жалақы 42500 теңге мөлшеріндегі әлеуметтік төлемдермен қамтуды кеңейту туралы шешім халықтың көптеген мәселелерін шешті. Өйткені, бізде өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны – 265 мың, жұмыссыздар – 48 мың. Төлемдерді барлығы 300 мыңнан астам адам алатын болады, – деген аймақ басшысы көктемгі егіс жұмыстарына тоқталды. Оның айтуынша, қазіргі таңда шаруа қожалықтары айналым қаражатына қосымша 70 млрд. теңге бөлу мәселесіне оң пікірде. Егер фермерлер дизель отынын төмен бағамен алатынын ескерсе, қиын кезеңде ауылшаруашылығын қаржынды дамытуға мүмкіндік бар.

Селекторлық режимде өткен жиналыс соңында Асқар Ұзақбайұлы әкімдерге мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жаңа «Жұмыспен қамту жол картасын» уақытылы әрі тиімді іске асыруды, әлеуметтік қолдаудың барлық түрлерін төлеуді қамтамасыз етуді тапсырды.

◆АЗЫҚ-ТҮЛІК



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

БАҒА АРЗАНДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Қазақстан халқына Үндеуінде облыс әкімдеріне елдегі азық-түлік жетіспеушілігін болдырмау, бағаның шарықтап кетуінің алдын алу үшін қажетті шараларды қабылдау туралы тапсырма берген еді. Осыған орай облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ тапсырмасымен азық-түлік бағасын тұрақты ұстап тұру үшін облыстық бюджеттен қосымша 1 млрд. теңге қаржы бөлініп, азық-түлік тауарларын сатумен айналысатын сауда орталықтарына қолдау танытты. Осы қаржының тең жарымы «Магнум» сауда орталығына бөлінді. Соған сай сауда орталығы осы аптадан бастап әлеуметтік азық-түліктерді базар бағасынан әлдеқайда арзан бағада сата бастады.

Талдықорған қаласындағы «Магнум» сауда орталығына арнайы келген облыс әкімі Амандық Баталов пен Талдықорған қаласының әкімі Ғалымжан Әбдірайымов сауда орталығын аралап, орталық қызметкерлері және тұтынушылармен әңгімелесіп, сөредегі баға көрсеткіштерін тексеріп шықты. Сауда орталығының директоры Лаура Ыдырысованың айтуынша, мұнда бүгінгі таңда азық-түлік тауары түр-түрімен, жеткілікті мөлшерде сатылады. Ең бастысы, азық-түлік тауарының 50 пайызы отандық және жергілікті өнімдер. Демек, азық-түлік тапшылығы туындамайды. Сондай-ақ, сөрелерге жазылған бағалар да көңілге қонымды. Айталық, өткен аптада осы сауда орталығында келісі 134 теңгеден сатылған қырыққабат бүгінде 98 теңгеге, 125 теңгеден саудаланған картоп 111 теңгеге, 121 теңгеден сатылған пияз 68 теңгеге, 332 теңгеден сатылған күріш 291 теңгеге сатылуда. Басқа да әлеуметтік тауарлар бағасының да базар бағасынан айтарлықтай арзандағаны көрініп тұр.

Сауда орталығының қызмет көрсету тәртібі де жүйелене түскен. Бетперде тағып, вирустан қорғайтын арнайы киім киген қызметкерлер орталыққа келген әр адамның дене қызуын тексеріп, қолын арнайы дайындалған сұйықтықпен залалсыздандырып барып ішке кіргізеді. Зат таситын қолarбалар да зарарсыздандырылмай қолданысқа берілмейді. Зат сатып алу, тауар таңдау, оның бағасын білу сияқты қандай да бір түсінбеушілік туындаса қызметкерлер қашанда қасынан табылады.

Осындай жақсы істерді көрген облыс әкімі мұндай бастаманы аудан, қала, елді мекендерде жалғастыру керектігін айта келіп:

– Әрине, ауылдарда «Магнум» сауда орталығы сияқты орталықтар жоқ. Бірақ, елді мекендердегі азық-түлік сататын дүкендермен бірлесе отырып, бұл тиімділікті ауылдағылардың да пайдалануы жағын қарастыру керек, – деп тапсырды.

Өңірдегі азық-түлік тапшылығын болдырмау, бағаның өсуінің алдын алу үшін басқа да тиімді жұмыстар жүргізілуде. Әсіресе, мұндай шаралар Талдықорған қаласында жоғары деңгейде қолға алынған. Бұл жайлы қала әкімі:

– Бізде 19 түрлі әлеуметтік тауардың бағасы күн сайын бақылануда. Бағаның өсіп кетпеуі үшін түрлі шара қабылданып, атқарылуда. Сол қатарда қала әкімдігі коммуналдық базардың жанынан арнайы сауда нүктесін ашып, күріш, картоп, пияз, ұн, тағы да басқа күнделікті жиі тұтынатын тауарларды арзандатылған бағада сатып жатыр. Мысалы, 50 келі ұн базарда 8-9 мың теңге болса, біз 6,5 мың теңге баға қойдық. Өткен бір аптаның ішінде 50 тонна ұн сатылды. Сол сияқты картоп 80 теңге, пияз 60 теңге, ет 1800 теңге бағамен саудаланып жатыр. Сондай-ақ, өткен аптада «Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ-мен бірлесіп келесін 180 теңгеден 15 тонна қант сатылды. Мұндай шара алдағы уақытта да жалғасады, – деді.

«Магнум» сауда орталығының өкілдері мемлекеттік қолдаудың арқасында жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқанын, керекті тауарлар қорының жеткілікті екендігін және тауар жеткізушілермен келісімшарт жасалып, жұмыс кесте бойынша жүйелі жүріп жатқанын тілге тиек етті. Демек, облыста азық-түлік тапшылығы, бағаның негізсіз көтерілу жағдайы болмайды.

Омар АҚЫН

◆СЕЛЕКТОР

ЖАҢА ЖОБА МАҚҰЛДАНДЫ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы ТОҒЖАНОВТЫҢ төрағалығымен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына орай ҚР Үкіметі тарапынан мақұлданған Жол картасын орындау бойынша ұсынылған жобаларды қайта қарауға арналған селекторлық жиын өтті. Оған онлайн режимде облыс әкімінің орынбасары Батыржан БАЙЖҰМАНОВ және басқарма басшылары қатысты.

Қажет АНДАС

Жиынды жүргізген Ералы Лұқпанұлы алдымен ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин-нің тапсырмасымен Жол картасы аясындағы жобаларды қайта қарау қажеттілігін айтып өтті.

— Жол картасында инфрақұрылымдық жобалардың бағыттары және қаржыландыру тетіктері нақтыланған. Осыған орай бүгінгі таңда 238 мыңнан астам жұмыс орнын құратын 12 мыңнан астам жоба ұсынылған. Орта есеппен бір жобаның құны 81 млн. теңгені құрайды. Ұсынылған жобалардың 40 пайыздан астамы жол жөндеу жұмыстарына, 26 пайызы әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Бұл қатарда орындалу мерзімі бір жарым немесе үш айға жоспарланған, жұмысқа тартылатын адам саны аз шағын жобалар қатары басым. Сондықтан Асқар Ұзақбайұлының тапсырмасымен осы жобаларды қайта сараптау қажеттілігі туындауда. «Жол картасы» аяқталғаннан кейін де көптеген адамға тұрақты жұмыс ұсына алатын және жергілікті жердегі әлеуметтік мәселелерді шешуге септігі тиетін ұтымды жобаларға назар аударылатын болады, — деп түсіндірді.

Осыдан кейін министрліктер мен облыс әкімдіктері ұсынған жобаларын тікелей байланыс арқылы рет-ретімен таныстырып шықты. Сол қатарда білім беру, балабақша, туристік нысандар, оңалту орталықтары, демалыс орындары, жалға берілетін тұрғын үй ғимараттары, инфрақұрылымдық көпірлерді салуға арналған жобалар бар. Оның бірі қолдау тапса, енді бірі өтпей қалды. Енді біреуіне қайта қарау туралы ұсыныс айтылды. Осы ретте облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов аймағымызда атқарылуға тиісті жобаны таныстырды.

— «Жол картасы» аясында білім беру нысаны мен ауылдық амбулатория құрылысын жүргізу жоспарда тұр. Ең бастысы, биыл аймақтағы 360 мектептің сыртқы дәретханасын алып тастап, ағымдағы жөндеуден өткізуді жоспарлап отырмыз. Оған 1 млрд. теңге қаржы қарастырылды,— деді ол.

Ұсынылған бұл жоба Үкімет басшысының орынбасары тарапынан бірден мақұлданды.

Жыл соңына қарай жерлестерді алаңдатып жүрген бұл сұрақ шешімін табатын болды.

◆ІНДЕТ

БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

Коронавирус (COVID-19) инфекциясын жұқтырған азаматтардың саны елімізде күн санап арта түсуде. Осыған байланысты ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ төтенше жағдай жариялап, Алматы мен Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары карантинге жабылғаны баршаға мәлім. «Асыл арман» тұрғын үй кешенінде тіркелген 1959 жылғы азаматтың осы ауруға шалдыққаны анықталып, онымен байланыста болған 23 адам бақылауға алынды. Оларды емдеуге қажетті дәрі-дәрмек пен қондырғылар жеткілікті.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Қарасай ауданында бүгіндері қатерлі вирусқа қарсы ем алып жатқан жеті азамат бар екені жайлы ақпарат құралдарында жазылды. Өңірдегі ахуалды білу мақсатында аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Марат Ақылбековке хабарласқан едік. Оның айтуынша, аталған вирустан тұрғындарды сақтау үшін Қарасай ауданының әкімдігі мен құзырлы ведомстволар алдын алу шараларын атқаруда. Нақтырақ айтсақ, коронавирус инфекциясына күдікті деп танылғандарды немесе науқас анықталған жағдайда сырқаттарды, сондай-ақ, олармен қарым-қатынаста болғандарды оқшаулау үшін Қарасай аудандық орталық ауруханасына қарасты инфекциялық бөлімінде 120 орынды карантиндік изолятор госпиталі, Шамалған ауылдық ауруханасында науқаспен қатынаста болғандарды оқшаулауға 200-ге дейін провизорлық төсек ұйымдастырылған.

Аудан бойынша вируспен күресуге арнайы медициналық қызметкерлер, басқа да ведомстволар жұмылдырылып, қажетті қорғаныш заттармен толықтай қамтамасыз етілгенін айта кетуге болады.

– ҚР Бас санитарлық дәрігерінің Қаулысына сәйкес ауданымызға шетелден келген азаматтарды оқшаулау жүргізілуде. Мұндай шаралар вирус анықталған жағдайда аурудың таралуына тосқауыл қою және уақытында емдеу үшін жасалынып жатқанын тұрғындарға түсіндіруделіміз, – дейді аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары.

Коронавирусты таратпау мақсатында бас ауырып, мұрыннан су ағу, кеуде тұсындағы ауру белгілері, дене қызуының көтерілуі, тыныс алудың қиындығы туындаса, еліміз бойынша бірегей «1406» Call орталығына немесе «103» нөміріне хабарласып, дәрігерлерді шақырту керек. Егер азамат шетелден келген болса міндетті түрде алдын ала ескерткен дұрыс.

– Қазіргі кезде аудан тұрғындарына айтарым, барлық сақтық шараларын сақтап, мамандардың кеңесін бұлжытпай орындау керек. Адам көп жиналатын жерлерге жиі баруды, бір-бірінің үйіне қонақ ретінде қыдыруды да уақытша қоя тұрған абзал. Әркім өз денсаулығы үшін жауапты, – дейді дәрігер М. Ақылбеков.

Қарасай ауданы

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆ІЛТИПАТ

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ талай жыл жол саласында абыройлы қызмет атқарған еңбек ардагері Леонид Васильевич МИХНОНЫ қабылдап, 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтады. Сондай-ақ, қуаныш иесіне аймаққа сіңірген ерен еңбегі үшін Құрмет грамотасын табыс етті.



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Амандық Ғаббасұлы сала ардагеріне ерекше құрмет көрсете отырып, ақ тілегі мен жылы лебізін арнады.

– Сіздің жол саласына сіңірген еңбегіңіз өте көп. Оған талай жыл өзіңізбен бірге қызмет істеген жылдары куә болдық. Әлі де тыңсыз. Жол саласындағы ең тәжірибелі, алдыңғы қатарлы мықты мамансыз, сондай-ақ, еліміздің патриотысыз. Сіздің облыстың, Талдықорған қаласының көліктік инфрақұрылымын дамытуға қосқан үлесіңіз зор. Еңбектегі мол тәжірибеңіз бен өмір жолыңыз бәріміз үшін үлгі, әсіресе, жастарға берері мол. 70 жасыңызбен құттықтап, сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Бұдан соң облыстық мәслихат хатшысы Сұлтан Дүйсембінов те ізгі ниетін жеткізді.


Облыс басшысы мерейтой иесінің ықыға шапан жауып, сыйлық тапсырды және естелік суретке түсті. Леонид Михно өз кезегінде қуанышымен бөліскен облыс басшысына, ілтипат көрсеткен басқа да қызметкерлерге ерекше алғысын айтып, ел үшін еткен еңбектерінің жемісті болуына тілектесігін білдірді.

Айтып өтейік, Леонид Васильевич Михно – еңбек ардагері, кейінге дейін «Талдықорған жолдары» акционерлік қоғамының директоры қызметін атқарған.

◆КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

15 МЫҢ ТЕҢГЕНІ кім алады?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке және облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне карантин кезінде халықтың коммуналдық төлемдерін төмендету бойынша тапсырма берген. Нәтижесінде, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің №212 бұйрығымен «Төтенше жағдай кезеңінде коммуналдық қызметтердің шығындарын өтеу қағидалары» бекітілді. Бұл туралы облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бағлан Тәнекенов «Жетісу Медиа» ақпарат алаңында өткен брифингте айтты.



Еңлік КЕНЕБАЙ

Еліміздегі Төтенше жағдайға байланысты 15 мың теңге төлем коммуналдық қызмет тұтынушылардың абоненттік есепшотына жіберіледі. Коммуналдық қызметтер сәуір және мамыр айлары үшін төленеді. Көмек коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен өз атынан шарт жасасқан, төтенше жағдайға байланысты карантин енгізілген елді мекенде тұратын негізгі санаттағы адамдарға ғана көрсетіледі.

– Коммуналдық қызметті тұтынушының атында есепшот болса, коммуналдық қызметтер бойынша шығындар өтеледі. Облыс бойынша 248 мың 395 азамат коммуналдық қызметті тұтыну бойынша өтем ала алады. Жеті санат бойынша тіркелген азаматтардың бір айлық коммуналдық шығыны шамамен 15 мың теңгені құрайды. Аталған төлем үшін республикалық бюджеттен екі айға 7,5 миллиард теңге бөлінді. Облыс аумағында халыққа коммуналдық қызметті түрлі меншіктегі 138 мекеме көрсетіп келеді. Атап айтар болсақ, электр қуатын беретін мекеме саны – 2. Ал газ – 9, жылу – 17, су және кәріз – 33, лифт қызметі – 2, қалдықтарды шығару – 75. Коммуналдық қызметтер бойынша қаражатты алу үшін тұтынушы жеке сәйкестендіру нөмірін, әлеуметтік мәртебесін және есепшотының деректерін көрсете отырып, ешқайда бармай, call-орталықтар мен ақпараттық жүйелер арқылы өтінім береді. Өтінім алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тұтынушының есепшотына қаражат аударылады. Бүгінгі таңда жергілікті әкімдіктер өтінімдерді қабылдау үшін call-орталықтар мен ақпараттық ресурстар құру бойынша шұғыл шаралар атқаруда, – дейді Бағлан Сағындықұлы.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі төтенше жағдай кезеңінде коммуналдық қызметтердің шығындарын өтеу қағидалары бойынша төлем алатын азаматтардың жеті санатын енгізді.

Сонымен, 15 мың теңгені кімдер алады?

1) 1, 2 және 3 топтағы мүгедектер;

2) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары және Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген тұлғалар;

3) мүгедек балаларды тәрбиелеуші отбасылар;

4) көпбалалы отбасылар;

5) ең төмен және аз зейнетақы алатын зейнеткерлер;

6) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру, адам өмірін құтқару, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан адамның отбасы;

7) атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар, оның ішінде жалғызбасты зейнеткерлер аталған төлемді алуға толықтай құқылы.

Төтенше жағдай кезінде көрсетілетін мемлекеттік қамқорлыққа қатысты сұрақтарыңыз бойынша **32 – 96 – 87** call-орталығының телефон нөміріне хабарласуыңызға болады.

◆«НҰРЛЫ ЖОЛ»

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНА «ЖАСЫЛ ДӘЛІЗ»

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен селекторлық режимде Үкімет отырысы өтті. Жиында 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысы талқыланды.

Үкімет отырысында 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында республикалық маңызы бар 21 мың шақырым жолды салу, реконструкциялау және жөндеу мәселесі сөз болды. Сондай-ақ, облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың 27 мың шақырымын жөндеу жоспарланған. Алдағы уақытта 112 инфрақұрылымдық жоба іске асырылып, 550 мың тұрақты және уақытша жұмыс орны құрылмақ.

Асқар Ұзақбайұлының айтуынша, биыл жалпы ұзындығы 4 мың шақырым болатын республикалық автожолдарды салу және реконструкциялау жұмыстарына 200 мыңнан астам қазақстандық тартылады. Бұл туралы: «Биыл пайдалануға берілетін республикалық маңызы бар жолдар көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 4 есе артық. Жергілікті маңызы бар жолдар бойынша биыл 3,5 мың шақырым жол жөндеуден өткізіледі. Бұрын-соңды мұндай ауқымда жұмыс жүргізілген жоқ, сондықтан біздің міндетіміз – оларды толығымен орындау. Барлық күшті жұмылдыру қажет», – деді А. Мамин.

Баяндама жасаған ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Роман Скляр: «Биыл «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасының екінші кезеңіне кірістік. Оны жүзеге асыруға 5,5 трлн. теңге бөлу қарастырылған. Ағымдағы жылы бірнеше жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Соның ішінде 2600 шақырым жол пайдалануға беріледі. Темір жолды электрификациялау жалғасады. Сонымен бірге, республикалық маңызы бар 11 мың шақырым автожол ақылы қызметке ауысып, бұл жолдарды бюджет есебінен күтіп-баптау азаяды. Үнемделген бюджет қаражатын өзге де маңызды жобаларға бағыттай аламыз», – деген спикер Түркістандағы халықаралық әуежай мен Шымкенттегі жаңа жолаушылар терминалы салынып біткенін, Өскемен, Үржар, Үшаралдағы әуежайларды қайта жөндеу басталғанын еске салды.

Үкімет басшысы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне әкімдіктермен және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, осы жылы жоспарланған көлемнің уақытылы пайдалануға берілуін қамтамасыз етуді, реконструкцияланған 5,7 мың шақырым учаскелердегі автомобиль жолдарында төлем жүйесін енгізу жұмысын аяқтауды тапсырды.

Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты құрылыс жұмыстарының қалай жүргізілетіндігіне де тоқталған А. Мамин: «Құрылыс маусымын мүмкіндігінше тиімді пайдалану қажет. Жекелеген елді мекендерде карантин режиміне байланысты енгізілген шектеулер жағдайында нысандарға жанар-жағармай, жол-құрылыс материалдары мен техникасын еш кедергісіз жеткізу үшін «жасыл дәліз» жұмысын қамтамасыз ету қажет», – дей келе отандық құрылыс индустриясының қолда бар мүмкіндіктерін барынша пайдалануды тапсырды.

Үкімет отырысының соңында Асқар Ұзақбайұлы биыл «Нұрлы жол» аясында іске асыру жоспарланған барлық іс-шаралардың белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс екенін айтты.

Е. МАРХАБЕККЫЗЫ

◆THINKING OUT LOUD

BOOKS ARE WONDERFUL

«A book is like a garden carried in the pocket».
Chinese Proverb

There is a Chinese proverb above, which I do agree with. A garden can be beautiful, with lots of flourishing flowers and fruit trees; you may be impressed by the charm of that kind of a garden. While reading a book, you may be delighted with the book`s plot that might have lots of twists and turns. A fruit tree bears fruits, a book makes you think, because books are wonderful.

Enlik QABDESH

Books accompany us during all our life. When you read you enrich your mind and broaden your knowledge. People who read books are intelligent. Books are also an entertainment. You and the characters of the book you are reading can find yourselves in different countries and have a lot of adventures. Just imagine – new characters, scenes, lives, events! It's like real life in miniature!

A book can be a faithful friend and a teacher. Reading a book you open new horizons for yourself. A book can form our values and characters. It gives us an opportunity to imagine the future and to look into the past. One can learn a lot by reading books. And I am sure that the time spent on a good book is never wasted. Too bad people started to read less. But it, of course, depends on the author greatly as well, on his or her talent.

I'm fond of reading different genres like historical novels, detectives or science fiction, tales and legends. In my small library at home, I have some printed books which are important to me. Books like «Abai zholy», «Koshpendiler», «Martin Iden», «Zvezdnaya pyl», «Medlennoi chlupkoi v Kitai», «Ovod». I like to reread them from time to time; sometimes I make some notes on their pages and just smell the scent of childhood and magic.

Never forget that books are worth reading.

◆ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

САПА БАСТЫ НАЗАРДА

Қазақстан автобизнес қауымдастығының өткен жылғы мәліметі бойынша, елімізде барлық типтегі 4 566 198 көлік пен тіркеме бар. Олардың 3 755 890 данасы жеңіл автокөліктер болса, 446 475-і ауыр жүк көліктері және 241 259-ы тіркеме мен жартылай тіркеме, 63 058-і мототехника, 59 516-сы автобус. Биыл бұл көрсеткіштің арта түспесе кемімегені белгілі. Осыншама көлік автомобиль жолдарымен ағылып жатады. Қай-қайсысы болсын сапалы, тақтайдай тегіс жолмен жүргенді қалайды. Сондықтан жол сапасы – маңызды мәселе.

Облыс әкімі Амандық Баталов ел алдындағы есеп беру жиынында: «Нұрлы жол» бағдарламасының арқасында «Талдықорған – Өскемен», «Үшарал – Достық», «Күрті – Бурылбайтал», «Ұзынағаш – Отар» көлік жолдарын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Соның арқасында барлық стандарттарға сай келетін шамамен 1526 шақырым тамаша жолдар іске қосылады, бұл облыстың транзиттік әлеуетінің одан әрі ұлғаюына жағдай жасайды. Жергілікті маңызы бар және ауылішілік жолдардың да сапасы төмен болмауы тиіс. Жергілікті маңыздағы жолдардың қазір 81 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. 2020 жылы бұл көрсеткіш 84 пайызға жетеді, облыстық және аудандық маңыздағы 492 шақырым жолдар, сондай-ақ 108 елді мекеннің ауылішілі жолдары жөнделеді», – деп нақты атап өткен болатын.

Айтса айтқандай-ақ, сонау жылдармен салыстырғанда облыс аумағында қаншама жолдар салынып, ел игілігіне жарап тұр. Алайда, жаңа салынған жолдың кейбір жерлері талапқа сай болмағандықтан сапасын жоғалтуда. Жол салуды бір компания ғана емес, бірнеше мердігер жүзеге асыратындықтан қарапайым жұрт жіптің ұшын таппай, әкімдерді сынға алатыны ақиқат. Дұрыс-ақ! Содан кейін де мемлекеттік атқарушы орган жолдың сапасын бақылайтын ұлттық компанияның қызметіне жүгініп, бірлесе жұмыс атқаруды қолға алды. Нақтылай түссек, біздің облыстағы жол құрылысы саласына жауапты мекемелер, жергілікті атқарушы органдар мен жеке мердігерлер «Жол активтері ұлттық сапа орталығы» РМК Алматы облыстық филиалымен келісімшарт жасады. Мұндай келіссөздердің негізінде жолдың талапқа сай салынуы үшін қажетті құрылыс материалдарының сапасы алдын-ала тексерілуге алынады.

Мысалы, таяуда ғана жол салуға жауапты «ҚазАвтоЖол» мекемесі асфальт шығаратын «Ремдорстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тапсырыс берген екен. Келген тапсырысты орындау үшін «Ремдорстрой» ЖШС өз өнімдерін «Жол активтері ұлттық сапа орталығы» облыстық филиалының зертханасына сынамадан өткізуге жіберді. Асфальт зауытының өткізген өнімдері тексеріліп, оның тығыздығы, суға төзімділігі, беріктігі сияқты басқа да сипаттары талапқа сай болғандықтан республикалық маңыздағы жолға пайдалануға болатыны жөнінде рұқсат берілді.

«Жол активтері ұлттық сапа орталығы» жол сапасын тексеретін ұлттық мекеме болғандықтан филиал қызметкерлерінің басты ұстанымы – адалдық. Жұмыс бабындағы әрбір бақылаудың соңында адам өмірі тұрғанын филиал мамандары жақсы түсінеді. Сондықтан әрқайсысы өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Жақсы жолмен жарқын болашаққа жете берейік!

Ақбөпе ЖИЕНҚҰЛОВА

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ тұрғындар алдында берген есебінде биыл облыста 586 млрд. теңге көлемінде бюджет қалыптастырылғанын, оның 75 пайызы әлеуметтік мәселелерді шешуге және өмір сүруге қолайлы жағдай жасауға бөлінгенін айтқан болатын. Соның ішінде 40 млрд. теңге қаражаттың жолдарды жөндеуге бағытталатыны сөз болған. Осыған орай ағымдағы жылы аудан, қала орталықтары мен елді мекендерді жалғайтын жолдарды жаңадан салу, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының жобасы қарастырылған еді.

Қажет АНДАС

Жарияланған төтенше жағдайға байланысты кейбір ауқымды жобаларды уақытша кейінге шегеруге тура келді. Алайда, жол жөндеу жұмысы кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан дер кезінде реттелмесе, айналып келгенде басқа да жұмыс жоспарларының ойдағыдай орындалуына, қиындықтан шығуға кері ықпал етеді. Сондықтан облыстағы жолдарды жөндеу жалғасты жұмыс істеп тұр.

Жол жөндеу жұмысы Талдықорған қаласында да қарқынды жүргізілуде. Осыған орай Абылай хан, Қонаев көшелерінде мердігерлік ұйым бригадаларының жол жиегіне бордюр орнату жұмысын қалай атқарып жатқанын көріп қайттық. Екі көшедегі жұмысты Талдықорған «Горстрой» ЖШС атқаруда. Жол жөндеушілер өзіне алған міндеттерді толық және сапалы орындап жатыр деп айтуға негіз бар. Оларда адам күші мен техниканың жетіспеушілігі жоқ. Бүгінде қос көшедегі қарқынды жұмысқа 25 адам, 8 техника тартылған.



ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

– Жалпы, жол тақырыбы қала тұрғындарының жиі көтеретін мәселелерінің бірі. Өйткені, қала жолдары көлік жүргізушілері, жаяу жүргіншілер, велосипедшілер, мотоциклшілер, тағы да басқа тұрғындар үшін өзекті. Әрқандай жұмыс нәтижелі болу үшін алдымен жол сапалы болуы керек. Бүгінгідей қиын жағдайдан шығу үшін де жол сапасының жоғары болуы көп септігін тигізетіні анық. Сондықтан біз қалаға карантин жариялансада қауіпсіздік шарасын жан-жақты қарастыра отырып, өзіміз жауапкершілікке алған жоспарды дер кезінде бітіру үшін жұмыс істеп жатармыз, – деді мердігер компанияның бас инженері Юдин Николай.

Айта кетерлігі, жұмысқа тартылған адамдардың қауіпсіздік шарасы ерекше назарға алынған. Бәріне жұмысқа шығуға жолдама берілсе, бетперде кию міндеттелген, қолдарын зарарсыздандыратын антисептиктермен қамтылған, таңертең жұмысқа кірісерде әр жұмысшының дене қызуы тексеріліп, жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Оның үстіне жұмыскерлердің еңбекақысына үстеме қосылған және жалақысын кешіктірмей беру қадағаланып отырады.

Қаладағы бірнеше көшенің жиегіне бордюр орнату жұмысы келісім бойынша сәуірдің басында басталып, қазан айына дейін бітуі керек. Мердігер компания өкілдері қандай қиын жағдай болса да жоспарды белгіленген уақытта бітіретіндеріне сенімді.

Талдықорған қаласы

АРДАГЕРЛЕР АЛДЫНДА БАС ИЕМІЗ!

Облыс әкімі Амандық Баталовтың Ұлы Жеңістің 75 жылдығына құттықтауы

Құрметті облыс тұрғындары, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері!

Баршаңызды Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Осыдан 75 жыл бұрын Ұлы Отан соғысындағы қару үні тыншыды, бірақ сол сұрапыл жылдардың естеліктері жадымыздан өшкен жоқ, қайта жыл өткен сайын ұрпақтан ұрпаққа, жүректен жүрекке жетіп, жаңғыра түсуде. «Тау алыстаған сайын биіктейді» деген осы болар!

Жыл сайын мамыр айында біз майдан даласында жанқиярлықпен шайқасқан, тылда жанкешті еңбек еткен әр азаматқа ерекше құрмет көрсетіп, соғыстан қайтпай қалған майдангерлерді еске аламыз. Біз аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың қайсарлығын, қажыр-күшін, биік рухын бағалай отырып, бізге ашық аспан, бейбіт күн сыйлаған ерліктерін мәңгі есте сақтаймыз.

Жеңіс пен бейбітшілікке лайықты ұрпақ бола білу, қол жеткен жетістіктердің бағасын біліп, оны еселей түсу – біздің басты міндетіміз.

Құрметті ардагерлер!

Осы мерейлі мерекеде барлық ізгі тілектер өздеріңізге арналады.

Сіздер әперген Жеңіс кешегі күннің ғана емес, болашақтың да жеңісі, ол соғыстан кейінгі жылдардың қиындығын еңсеруге мүмкіндік беріп, бүгінгі күні де қоғам өміріне белсене араласуға, жастарды Жеңіс рухында тәрбиелеуге күш беріп келеді.

Сіздердің өмірлік бай тәжірибелеріңіз үшін, бізге жол нұсқағандарыңыз үшін, үнемі қолдау көрсеткендеріңіз үшін рахмет айтамыз. Денсаулықтарыңыз мықты, жастарыңыз ұзақ болып, жақын жандарыңыздың құрметі мен сүйіспеншілігіне бөлене беріңіздер!

Ұрыс даласынан оралмаған жауынгерлердің даңқы мәңгі өшпейді! Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне, сол зұлмат жылдардың ауыртпалығын көтерген барша жандарға құрмет көрсету – парызымыз.

Бейбіт өміріміз үшін, бұлтсыз аспанымыз үшін Сіздердің алдарыңызда тағзым етіп, басымызды иеміз!

Ұлы Жеңістің 75 жылдығы құтты болсын!

Елімізде шаттық пен береке, ынтымақ пен тыныштық бола берсін, құрметті жетісулықтар!

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 51-53
(18761)
Бейсенбі, 7 мамыр, 2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@#Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛІМІЗ БҰЛ ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҢДАЛЫП ШЫҒАДЫ

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің Президент ретіндегі алғашқы сұхбатыңыз былтыр «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған еді. Ең алдымен, қазіргідей күрделі кезеңде ой-толғамдарыңызды тағы да біздің газетіміз арқылы оқырманға жеткізуге келісім бергеніңіз үшін алғыс білдіреміз.

– «Егемен» – елдің үні, ұлттың мінбері. Қазақ тарихының жүзжылдық жылнамасы. Сондықтан бас басылым арқылы ел-жұртпен тілдесудің маңызы зор.

– Ендеше, сұхбатты бастайық. Өткен аптада коронавирус індетіне қатысты мәлімдеме жариялап, жұртшылықты толғандырған көптеген мәселені ашық айттыңыз. Осыған дейін де телевизия арқылы үндеу және мәлімдеме жасаған болатынсыз. Жалпы, еліміздің қазіргі жағдайын қалай бағалайсыз? Бұдан кейінгі бағыт-бағдарымыз қандай болмақ?

– Пандемия бүкіл әлемнің қалыпты тіршілігіне айтарлықтай әсер етті. Індеттің салдарынан дүниежүзінде экономикалық белсенділік күрт төмендегенін көріп отырсыздар. Шикізат бағасының құлдырауы экономикалық жағдайды қиындататыны анық. Халықаралық валюта қорының пайымдауынша, биыл әлемдік жалпы ішкі өнім едәуір төмендейді. Әрине, мұндай дағдарыстан кейін экономиканы қалпына келтіру оңайға түспейді. Шұғыл әрекет етпесе, әлемдік рецессия күрделене бермек. Сондықтан шамасы жететін елдер өз азаматтарына қолдау көрсету үшін нақты жұмыстар жүргізуде.

Біз Қазақстанда төтенше жағдайды дер кезінде жариялады қ. Осындай шаралардың арқасында вирустың жаппай таралуына жол бермей, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап отырмыз. Дағдарысқа қарсы шаралар үшін 6 триллион теңгеге жуық қаржы бөлінгенін білесіздер. Ең алдымен, жұмыссыз қалғандарға 42 500 теңге мөлшерінде төлем жасауды ұйғардық. Жалпы, 4,2 миллион адам бұл көмекті алды. Оны екінші айда да жалғастырамыз. Бұдан бөлек, 1 миллиондай мұқтаж жан азық-түлікпен және қажетті заттармен қамтамасыз етілетін болды.

Осындай күрделі кезеңде халыққа көмек көрсетілмесе, мемлекеттілігімізге сын емес пе?! Әрине, ақша таратып берумен ахуал түзелмейді. Дағдарыс жағдайында кешенді әрі жүйелі шаралар ұйымдастырған абзал. Ең алдымен, жастарды жұмысқа орналастыру керек. Сондықтан 250 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Әр өңірде инфрақұрылымдық және инженерлік жобалар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары бар. Міне, жұмыссыз қалғандарды солардың құрылысына, жөндеу жұмыстарына жұмылдырудамыз.

Уақытша қиындыққа тап болған 1,6 миллион кәсіпкердің несиесін қайтару мерзімі кейінге шегерілді. Мұндай шара іскер азаматтарды қолдау үшін қажет. Сондай-ақ, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының қаржысы 1 триллион теңгеге дейін көбейтілді. Бұл қаражат жаңа жобаларды қайта қаржыландыруға, жеңілдік шарттарымен несие беруге жұмсалады. Кәсіпкерлер үшін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер мерзімі ұзартылды. Зардап шеккен шағын және орта бизнес өкілдері еңбекақы төлеу қорының міндетті төлемінен алты айға босатылды.

Ерекше атап өтер жайт, карантин кезінде азаматтарымыз оқшаулануға тез бейімделді. Көптеген кәсіпорын мен мекеме қызметкерлерін қашықтан жұмыс істеуге көшірді. Қоғамның жаңа үрдістерге дайын екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Жалпы, Қазақстанның стратегиялық бағыт-бағдары айқын. Елбасы бұл мәселе жөнінде Қауіпсіздік кеңесінің отырысында нақты атап көрсетті. Кез келген дағдарыс тың бастамаларды туындатады. Әрине, осы кезеңнен сабақ алып, осал тұстарымызды жетілдіруіміз керек. Егер індет өршіп кетпесе, 11 мамырда төтенше жағдай режимі аяқталады.

– Мәлімдемеңізде айтылғандай, қазіргі ахуал бүкіл әлемге оңай тиіп отырған жоқ. Қысылтаяң кезеңде доллар бағамы өсіп, төл теңгеміз құнсыздана түсті. Пандемиядан кейін теңгенің бағамы тұрақтанып, қалпына келуі мүмкін бе?

– Басқа елдердің валюталарымен қатар біздің теңгеміздің де құны кеміп кеткені рас. Осыған орай, Үкімет пен Ұлттық банк жағдайды тұрақтандыру үшін нақты шаралар қабылдады. Мен квазимемлекеттік секторға экспорттан түсетін табыстың бір бөлігін ішкі нарықта сатуды тапсырдым. Сондай-ақ, олар шетел валютасындағы депозиттерін еліміздің қаржы жүйесіне қайтаруда. Бұл қаражат нақты жобаларға жұмсалады. Осы және басқа да шаралар доллар тапшылығын болдырмау үшін жасалып отыр.

Әрине, нарықтық экономика жағдайында мұндай мәселені реттеу оңайға соқпайды. Оның үстіне, еліміздегі шетел валютасының басым бөлігі шикізатты сатудан түсетіні жасырын емес. Ерте ме, кеш пе, теңге бағамы тұрақтанады. Бірақ бұған сыртқы факторлар әсер етпей қоймайды. Теңгенің долларға қатысты бағамы валюта нарығындағы сұраныс пен ұсынымның азды-көптігіне қарай түзелетіні белгілі. Сондықтан құзырлы органдар валюта нарығына қатысты заңсыз әрекеттердің жолын кесетін болады. Алдағы уақытта Ұлттық банк теңгенің еркін бағамы қағидатын ұстанып, Үкіметпен бірлескен жұмысын жалғастыра береді.

– Сіз бұған дейін мұндай кезеңде екінші деңгейдегі банктердің жауапкершілік танытуқажеттігін айттыңыз. Бұл құрылымдар, көбіне, дағдарыс кезеңінде қолдау бола ма деп мемлекетке жүгінетіні жасырын емес. Жалпы, осы дұрыс па? Төтенше жағдайға байланысты сол банктер халыққа қандай көмек көрсете алады?

– Банк жүйесі – қаржы нарығының аса маңызды бөлігі. Банктердің тұрақты жұмыс істеуіне мемлекет те, бизнес өкілдері де, қарапайым салымшылар да мүдделі. Сондықтан банктерге тегіннен-тегін қолдау көрсетілмейді. Бұл – ұлттық экономиканы көтермелеудің бір жолы.

Қазір банктердің үздіксіз қызмет көрсетуіне мүмкіндік бар. Депозиттерге кепілдік беретін қор да тұрақты жұмыс істеуде. Бұл ахуалды Ұлттық банк бақылап отыр. Сондықтан салымшылардың қаражатына ешқандай қатер төніп тұрған жоқ.

(Соңы 2-бетте)

◆ ИННОВАЦИЯ

СҰЙЫҚ МАЙ ӨНДІРЕДІ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні «Талдықорған» индустриалды аймағында «Агрокомплекс Жетісу МаЖиКо» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің майлы дақылдарды қайта өңдеу зауыты ашылды. Оған қоғам қайраткері Сергей Терещенко, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, белгілі кәсіпкер Темірхан Досмұхамбетов, облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ, облыстық мәслихаттың депутаты, белгілі кәсіпкер Усейн Қасанов, тағы да басқа елімізге танымал тұлғалар, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері қатысты. Өндіріс орны еліміздегі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асып отыр.



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

Қажет АНДАС

Аталмыш өндіріс орнының бой көтеруіне Қазақстан Республикасының бірінші Премьер-Министрі, елімізге танымал қоғам қайраткері, Еңбек Ері Сергей Терещенконың үлкен қолдау танытқанын айта кеткен жөн. Ол өз кезегінде:

– Қымбатты көпшілік! Баршаңызды 1 мамыр мерекесімен құттықтаймын. Осындай игілікті істер қашанда ел өркенін өсіреді. Осы ретте Жетісу жеріндегі мемлекеттік бағдарламалардың сәтті жүзеге асырылып жатқанын жоғары бағалаймын. Сондай-ақ, ашылуына өздерің куә болып отырған өндіріс орнын салу үшін Талдықорғандағы индустриалды аймақтан жер телімін беріп, жарық, жылу, су желілерін тартып, қолдау танытқан облыс әкімі Амандық Баталов бастаған жетісулықтарға алғысым шексіз. Осындай қолдаудың арқасында біз жоспарлаған уақытта зауыт құрылысын бітіріп, елге игілік әкелетін ірі өндірісті іске қостық, – деп облыс басшылығына шынайы алғысын білдірді.

Жетісу негізінен аграрлы аймақ. Кейінгі жылдары ірі өндірістер бірінен соң бірі бой көтеріп, индустриалды әлеуетімізді көтере түсті. Демек, облысымыз біртебірте аграрлы-индустриалды аймаққа айналып келеді. Бұл жайлы облыс әкімі Амандық Баталов айтып өтті.

– Бүгін елімізде ерекше мереке – Қазақстан халқының бірлігі күні. Біз жетістіктеріміздің барлығына береке-бірлігіміздің, татулығымыздың арқасында қол жеткіздік. Алматы облысында 100-ден астам этнос өкілі тұрады, олардың әрқайсысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосуда. Олардың арасында кәсіпкерлер мен инвесторлар көп. Жалпы мемлекет қолдауының және қабылданған шаралардың арқасында өткен жылы облыстағы өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 1 триллион теңгеге жуықтады. Бүгінгі ашылып отырған зауыт – соның айқын айғағы.

Алматы облысына алғаш әкім болып тағайындалған соң бірінші кезекте еліміздегі танымал кәсіпкерлермен бас қосып, өңірге инвестиция тартып, бірлесе жұмыс істеу туралы ұсыныс айтып едім. Сол кезде елімізге белгілі тұлға Сергей Терещенко мырза мен кәсіпкер Темірхан Досмұхамбетов үлкен қолдау танытты. Нәтижесінде кейінгі жылдары ірі кәсіпкерлер облыс экономикасына инвестиция құйып, зауыттар ашып, аймақтың әлеуетін көтеруге серпін берді. Айталық, «Лукойл» зауыты, күн сәулесінен қуаттанатын электр стансысы, «Маревен фуд» ЖШС, бәрі осындай игіліктің нәтижесінде жүзеге асты. Міне, бүгін облысымызда ең керекті агроөндіріс орны ашылды. Біз инвесторларға берген уәдемізде тұрдық. Олар бәрін жасап жатыр, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының ақпараты бойынша облыста 2020 – 2026 жылдары аралығында 240-тан астам инвестициялық жоба жүзеге асырылмақшы. Бұл кәсіпкерлердің ынтасы Жетісу жеріне ауғанын көрсетеді. Оның бірқатары биыл ел игілігіне беріледі. Аймағымызда атқарылған осындай жоспарлы жұмыстарды белгілі кәсіпкер Темірхан Досмұхамбетов та жоғары бағалады.

– Осыдан біраз жыл бұрын облыстағы, әсіресе, Талдықорған қаласындағы жағдай басқаша еді. Ірі өндіріс орны аз, қала құрылысы өркениеттен айырылып қалған тұғын. Облыс басшылығының тынымсыз еңбегінің нәтижесінде жыл сайын Жетісу жерінде ірі өндірістер іске қосылып, тұрғындарға жұмыс орындары ашылуда. Облыс орталығы еліміздегі ең таза, ең әдемі қалалардың бірі атанды. Өндірісі өркендеген аймақтың орталығына айналып келеді. Сондай-ақ, Талдықорған индустриалды аймағына инвестиция салуға ынталы инвесторларға жасалатын қолдаудың әрбір кәсіпкерді баурайтыны анық. Жетісу жері сан ұлттың өкілі берекеберлікте өмір сүретін жерұйық мекенге айналды. Бүгінгі шара соның айғағы. Осындай игіліктер жалғаса берсін дегім келеді, – деді ол.

Кәсіпорынның лентасын қию дәстүрі атқарылып, жаңа зауыт жұмысына кіріскеннен кейін қонақтар зауыт ішін аралады. Оның жұмысымен «Жетісу-Мажико» агрокешені» ЖШС президенті Сергей Симонов таныстырды. Атап өтсек, жобаның жалпы құны 4,4 млрд. теңге, бірінші кезеңде 50 жұмыс орны ашылды. Кәсіпорын толық қуатына енгенде зауыт іргесін кеңейту арқылы 500-ге тарта жұмыс орны құрылады деп жоспарланған. Жаңа зауыт ыстықтай сығымдау тәсілімен өсімдік майын шығарады. Ол тәулігіне 500 тонна рапс және 400 тонна күнбағыс дәнін өңдейді. Нәтижесінде өсімдік майы мен жом өндіріледі. Бүгінгі күні зауыт шикізатпен 100 пайызға қамтылып, неміс өндірушілерінің құрал-жабдықтары орнатылған. Өнім сапасын жақсарту үшін майлы дақыл тұқымын экструзионды технологиямен өңдеу тәсілі қолданылады. Олар негізгі шикізатты аймағымыздан және көрші облыстар мен Ресейден алып, өндірген өнімін елімізден бөлек көрші Қытайға да шығаруды жоспарлап отыр.

Мұндай өндіріс орнының ашылуы бүгінгідей экономикалық дағдарыс жағадан алған тұста өте керек. Өйткені, ертеңгі күні бұл зауыт, біріншіден, халықты жұмыспен қамтыса, екіншіден, ел экономикасын өрлетуге де септігі мол.

Алдағы уақытта Жетісу жерінде тағы бірнеше ірі өндіріс іске қосылады деп күтілуде. Жақын арада облыста жалпы құны 22,9 млрд. теңге болатын, 528 жаңа жұмыс орнын құратын «Лунюань Жетысу», «Green Techology Partners», «Алмаз Керамикс» ЖШС сияқты 3 ірі инвестициялық жоба іске асырылады. Соның екеуі «Талдықорған» индустриалды аймағына орналастырылады. Бұл да көңілге қуаныш ұялататын жаңалық.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆ЭКОЛОГИЯ

ПРЕЗИДЕНТТІҢ МАРАПАТЫН ТАПСЫРДЫ

Облысқа арнайы іссапармен келген ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы ұжымымен кездесті. Кездесуде облыс әкімінің орынбасары Серікжан БЕСКЕМПІРОВ және инспекцияның басшысы Темірлан МАМИЕВ болды.


Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жануарлар әлемін қорғауды күшейту туралы тапсырма бергені, экологиялық мәселелерді жіті қадағалап, орман және жануарлар байлығын барынша қорғауды айрықша қолға алғаны белгілі. Соған орай ұтымды шаралар қолға алынып, жүйелі жұмыстар атқарылуда. Тіпті, елімізде Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі алғаш рет жеке құрылып, маңызды салалар бойынша жұмысын бастады. Сонымен бірге, Президент министр Мағзұм Мырзағалиевті қабылдап, маңызды тапсырмалар жүктегенінен де хабардармыз.

Президент ведомство өкілдеріне тапсырма жүктеп қана қоймай, аймақтардағы экология саласының жанашырларын, орман және жануарлар әлемін қорғауға өмірін арнаған адамдарды да назардан тыс қалдырмады.

Осы жолғы кездесуде министр облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының инспекторы Леонид Сидоренкоға еліміздің табиғи мұрасын сақтау жолындағы көп жылғы мінсіз еңбегі үшін Президенттің Алғыс хатын табыс етті.

– Бәріңізге мәлім, Мемлекет басшысы жануарлар әлемін қорғауды назардан тыс қалдырмайды. Тіпті, браконьерлердің жолын кесіп, дала жануарларының еміннеркін көбеюі үшін жаңадан дайындалып жатқан Экология кодексіне өзгерту мен толықтыру енгізу туралы тапсырма берді. Бәрін өз тарапынан қадағалап отыр. Әрине, бұл жұмыс жер жаннаты атанған Жетісу жерінде мықты қолға алынуы тиіс. Сіздердің араларыңызда осындай жауапты міндетті мінсіз орындап жүргендер бар. Соның бірі инспектор Леонид Сидоренконы ерекше атауға болады. Бұл кісінің еңбегін Мемлекет басшысы жоғары бағалап отыр. Негізінде, мемлекеттік марапаттар жыл соңында тапсырылушы еді. Бірақ Президенттің тапсырмасымен жануарлар төлдеп жатқан кезде браконьерлермен белсене күресетін тұлғаларға осындай наградаларды тапсыруды жөн деп шештік. Істеріңіз ілгері болсын, - деді министр.

Осыдан кейін министр Президенттің Алғыс хатын Леонид Сидеронкоға өз қолымен табыс етті. Өз кезегінде марапат иесі Президентке деген алғысын білдіріп, әріптестерінің жұмысына сәттілік тілейтінін жеткізді. Әріптестері де марапат иесіне жарыса құттықтауларын арнады. Леонид Павлович 30 жылдан бері инспекция саласында табан аудармай қызмет етіп келеді.

Айта кетейік, облыстық орман және жануарлар дүниесін қорғау аумақтық инспекциясы 1947 жылы құрылған. 1953 жылдары басталған тың игеру тұсында жұмысы біраз кенжелеп қалған инспекция тәуелсіздіктің алғашқы жылдары да өзгерістерден көз ашпады. Өткен жылы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі құрылған соң ғана жұмысы ныға түскен.

Таңғаларлығы, жарты ғасырдан бері облыстық инспекцияға осы салаға жауапты бірде-бір министр аяқ ізін салмаған. Бірінші болып Мағзұм Маратұлының келгені, сондай-ақ, әріптестерінің де алғашқы болып мемлекеттік марапатқа ие болғаны ұжым ортасында жақсылыққа баланды.

Қ. ОМАРАҚЫН



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖАЛҒАСАДЫ

Азаматтарды жұмыспен қамту мәселелері бойынша «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВТЫҢ, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Бақыт ЖАҚСЫБАЕВАНЫҢ қатысуымен әлеуметтік желіде халықпен тікелей байланыс арқылы жиналыс өтті.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Облыс тұрғындарына партиялық қызмет және жұмысқа орналасу бойынша ақпарат берген Жанболат Әкебайұлы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының іске асуына 1 триллион көлемінде қаражат бөлу тапсырылғанын, бұл халық үшін жасалған үлкен көмек екенін жеткізді. Аталған бағдарлама нәтижесінде облыста 22 мың 800 адам жұмыспен қамтылады деп жоспарланған. Оның 1800-і тұрақты жұмысқа орналасатын болады. 10 500 адам жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа орналаспақ.

– «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша облыс аумағында іске асатын 977 бағдарламаға 109,2 миллиард теңге бөлінді. Қазіргі таңда халықты жаппай жұмыспен қамту үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бес әлеуметтік бастаманың 4-бағыты бойынша өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру неғұрлым тиімді тетік саналады. Сол үшін облыс тұрғындарын толық жұмыспен қамту мақсатында осындай жиын өткізіп отырмыз. Аталған бағдарламаға бөлінетін қаражаттың оңды әрі нәтижелі игерілуі партиялық бақылау комитетінің назарында болмақ. Қазіргі таңда облыстық, қалалық, аудандық партиялық бақылау комитетінің қызметкерлері тиісті мониторинг жүргізуде,– деді Жанболат Әкебайұлы.

«Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы әлеуметтік-мәдени, инженерлік-көліктік, инфрақұрылым нысандары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және елді мекендерді абаттандыру жұмыстары бойынша іске асырылады. Аталған бағытта жұмыссыз азаматтар мәселесі оң шешімін таппақ.

Онлайн-жиналысқа қатысқан азаматтардың басым көпшілігі мемлекет тарапынан берілген 42 мың 500 теңге, «Біз біргеміз» қорының есебінен ұсынылған 50 мың теңге төңірегінде сауалдар қойды. Жұмыс ізденіп, кеңес алушыларға жауапты мамандар толық жауап берді.

◆ЖОҒАРЫ БІЛІМ

ЗАМАНАУИ МАМАНДЫҚ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздегі заманауи мамандықтарды даярлайтын бірден-бір оқу орны, білім мен ғылымның қара шаңырағы. ҚазҰУ еліміздегі ғана емес, әлемдегі елеулі университеттердің қатарында десек те болады.

Университет құрамындағы халықаралық қатынастар факультеті ел тәуелсіздігін алғаннан кейінгі айларда құрылған болатын. Бүгінде факультет шеңберінде халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, аймақтану, әлемдік экономика саласының мамандары дайындалуда. Аталмыш мамандықтар халықаралық аккредиттеуден өткен.

Халықаралық салада «аймақтану» мамандығы нақты қандай да бір аймақ елдерін кешенді зерттеуге бағытталған. Аймақтану мамандығының басымдылығы белгілі бір аймақ елдерінің саяси-экономикалық, мәдени, діни, әлеуметтік, демографиялық және тағы басқа қырларының даму ерекшеліктері мен орын алған үдерістердің астарын сараптауға ерекше назар бөлетіндігінде. Сондықтан да аймақтану мамандарын даярлау бүгінгі күнгі заман талабының сұранысынан туындап отыр. Әлемдегі кез келген аймақ елдерінің саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелерін, мейлі, әртүрлі халықтар мен әртүрлі дін өкілдерінің өзара қарым-қатынастарының салдарынан туындаған мәселелеріне сараптама жасауда аймақтанушы маман өзінің жан-жақты біліктілігімен ерекшеленеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінде ашылған аймақтану мамандығының бакалавр студенттері әлем аймақтарын, атап айтқанда, Батыс Еуропа, АҚШ және Канада, Азия-Тынық мұхиты аймағы елдері, Таяу және Орта шығыс Азия елдері, Орталық Азия аймағы елдерін кешенді түрде зерттейді. Яғни, студенттердің таңдауы бойынша айқындалған аймақ елдеріне қатысты олардың тарихы, саяси жүйесі, сыртқы саясаты мен экономикасы, мәдениеті, ғылымы және білім беру жүйесі жөнінде дәрістер оқылады. Аймақтану мамандығында студенттердің таңдауы бойынша екі шет тілін меңгеру белгіленген. Аймақтану мамандығының бакалавр студенттері факультетімізде магистратурада және докторантурада бюджеттік негізде өздерінің білімдерін жалғастыру мүмкіншілігіне ие.

Бүгінгі күні аймақтану мамандығы бойынша білім алған түлектеріміз республиканың жас білікті мамандары ретінде жауапты қызметтерде жетекшілік рөлге де ие болуда. Олар білікті маман ретінде еліміздің ұлттық мүддесін қорғау саласында әртүрлі қызметтерді абыроймен атқаруда.

Б. БӨЖЕЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультетінің доценті

◆ГАЗДАНДЫРУ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ тұрғындар алдында берген есебінде өңірді газдандырудағы жетістіктермен қатар келеңсіздіктерді де жұрт назарына ұсына келіп: «2020 жылды біз Газдандыру жылы деп жариялауды шештік. Қазіргі уақытта облыстағы 144 елді мекен газдандырылып, газдандыру деңгейі 30,4%-ды құрады. Талдықорған қаласының қалаішілік желілерінің құрылысы аяқталуда, тоғыз мыңнан астам абонент газға қосылған. Биыл көгілдір отынға халықтың 56%-ы қол жеткізе алады», – деген еді.

◆АУДАН ТЫНЫСЫ

Облыстық мәслихат депутаты Серік МҰҚАНОВ арнайы іссапармен Кербұлақ ауданына келді. Мәслихат депутаты аудан әкімі Махаббат БИГЕЛДИЕВПЕН кездесіп, өңірдің тыныс-тіршіліктерінен хабардар болды.



ӨҢІР ТІРШІЛІГІН КӨРДІ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Аудан әкімі өткен жылы атқарылған жұмыстарды әңгімелеп, биыл қолға алынған жобалармен таныстырды. Сонымен бірге Күреңбел өңірінің экономикасы жыл озған сайын қалыпты дамып келе жатқанын сөз етті. Өңірді аралау барысында Серік Мейірханұлы «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жобаларға назар аударды.

Айта кетейік, 2020 жылы өңірде аталған бағдарлама бойынша 53 инфрақұрылымдық жобаны іске асыру көзделуде. Бұл жоспар сәтімен жүзеге асырылатын болса, 333 жұмыс орны құрылады. Ел игілігі үшін атқарылып жатқан жобаларды байқап қайтқан Серік Мейірханұлы Күреңбелдегі өркенді істерге оң көзқарас танытып, болашағы зор аудан ретінде бағалады.

Кербұлақ ауданы

МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА КӨМЕК

Қажет АНДАС

Облыс басшысы жұмыс бабымен өңірлерге шыққан кезде тұрғындардан табиғи газға қосылу құнының қымбаттығы туралы реніштердің көп айтылатынын де жасырып қалған жоқ. Бұл мәселені шешу үшін газдандыру жұмысына инвесторларды тартып, жоспарды тез әрі сапалы орындаумен қатар бәсекелестікті арттыру арқылы газға қосылу құнын төмендетудің жолдарын да көрсеткен болатын.

Осы тұста аймақ тұрғындарының табиғи газға қосылуын қамтамасыз етіп отырған бірден-бір мекеме «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның жұмысын ерекше атап кеткен жөн. Компания төтенше жағдай тұсында да барлық қажетті қауіпсіздік шарасын қабылдай отырып, штаттық режимде жұмыс істеді. Қауіп-қатердің алдын алу үшін жедел штаб құрылды және қызметкерлердің біразы қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылды. Жетісулықтардың: «Табиғи газға тезірек қосылсақ» деген тілегін орындауға тырысқан акционерлік қоғамның Жетісу өндірістік филиалының қызметкерлері төтенше жағдай кезінде карантин тәртібін сақтай отырып, облыстың қалалары мен ауылдарындағы үйлерге газ тарту жұмысын тоқтатқан жоқ.

"ҚазТрансГазАймақ" АҚ Жетісу өндірістік филиалының директоры Жайық Әлішев кәсіпорын қашықтан жұмыс істеуге ауысқан тұста да интернет арқылы техникалық шарттарды алуға, есептегіштердің көрсеткіштерін алып тастауға және беруге, газ компаниясының қызметіне ақы төлеуге қатысты жұмыстардың үзіліссіз жүргізілгенін тілге тиек етті. Кейбір жағдайда компания қызметкерлері тұрғындарға телефон арқылы кеңес беріп, қажеттіліктерін шешіп отырды. Апаттық жағдайды болдырмау үшін арнайы бригада жасақталып, тәулік бойы кезекшілікте жұмыс атқаруда.

Бүгінде Талдықорған қаласының маңындағы елді мекендердегі жеке тұрғын үйлерді табиғи газ желісіне қосу жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Дегенмен, төтенше жағдайға байланысты экономикалық жағынан қиындық көрген халықтың жағдайы бұл орайдағы жұмыстың қалыпты жүруіне кедергі келтіргені анық. Осы жағдайды ескерген «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы отбасылық жағдайы төмен, мүгедек, көпбалалы, жалғыз басты зейнеткер отбасыларға көмек қолын созып, олардың үйін газ желісіне тегін қосып беруді қолға алды. Осындай игілікті іс пен алғаусыз көмекке ризашылығын білдіріп жатқандар көп.

– Мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалына ерекше алғысымды жеткізгім келеді. Аталған компанияның аймағымызды газдандыру жұмысымен айналысатынын естіп жүрсем де олардың жағдайы төмен отбасылардың үйін газ желісіне тегін қосып беретінін басында білген жоқпын. Үйге газ қосу туралы өтінішімді телефон арқылы жеткізіп, жағдайымды айтып едім, олар жағдайымды сұрастыра келе газ желісіне тегін қосып беруге көмектесетінін жеткізді. Ертесінде компанияның қызметкерлері келіп, газ қосылатын үйдің картасын сызып кетті. Оның ертесі дәнекерлеуші жігіттер келді де үш жылдан бері армандап жүрген ісімізді үш-ақ күннің ішінде жүзеге асырды, – дейді бірінші топтағы мүгедек, Есетов көшесіндегі 1 А үй, 1 пәтердің тұрғыны Тоқтарбек Әділбеков.

– Мен тұрғындардың табиғи газға қосылу мәселесіне қолдау танытқан «ҚазТрансГаз Аймақ» басшылығына ризашылығымды білдіремін. Табиғи газға қосылып, оның игілігін көріп жатқандар қатарының көбейіп келе жатқанына қуанамын. Міне, біз де сол қатарға қосылдық. Әрқандай жұмыс батыл бағыт, жүйелі жоспар арқылы жүзеге асады. Басқа саланы айтпасам да газдандыру жұмысы облыс басшысының тікелей қадағалауымен нәтижелі жүргізілуде, – дейді Еркін ауылы, Құрманғазы көшесіндегі 17 үйдің тұрғыны, зейнеткер, «Алтын алқа» иегері Әуесхан Мажайқызы.

– «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы қызметкерлерінің жұмыстағы жауапкершілігі мен газ желісін тартумен айналысатын мамандардың шеберлігін атап айтқым келеді. Менің үйіме газ желісін тартып берген жұмысшылар барлық жұмысты сапалы жасап шықты, – дейді «Шығыс» шағынауданы, Шадрин көшесіндегі 22 үйдің тұрғыны Василий Сочинский.

Осындай алғысқа толы лебіздерін Қойшығұлов пен Хабибуев, Бегімжановтардың отбасы мүшелері де білдірді. Алдағы уақытта бұл тізімнің ұзара түсері анық.

Өндірістік филиалдың бас маманы Аслан Төлеутаев өз қаражатымен газ желісіне қосылып жатқандар қатарының да арта түскенін жеткізді. Ең бастысы, мұқтаж жандарға көмек пен қолдау көрсетіп, олардың алғысын алғаннан үлкен қуаныш жоқ шығар. Әсіресе, індет тарап, жұртты алаңдата бастаған тұста көрсетілген көмектің маңызы зор.


Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆ БАЛА — БОЛАШАҒЫМЫЗ



ОНЛАЙН ЛАГЕРЬ

Жазғы демалысты әр балғын қызықты әрі көңілді өткізуді қалайды. Тауға шығып, өзенге шомылып, достарымен әртүрлі танымдық жорықтарға, саяхаттарға барғысы келетіні анық.

Жазғы демалыс кезеңін тілдік мектептерге барып, хореографиямен, вокалмен, суретпен айналысып та тиімді өткізуге болады. Алайда биылғы жаз маусымы оқушылар демалатын орындардың көбісі елімізде орын алған эпидемиологиялық жағдайға орай есіктерін айқара ашпады.

Осы уақытта бала үш ай бойы теледидар мен компьютердің алдына жіпсіз байланып отырмауы үшін Талдықорған қаласының Оқушылар сарайы жазғы онлайн-лагерь жұмысын ұйымдастырды. Осы орайда алты топ құрылып, әр топта 5-10 баладан қатысуда. Кіші топ бойынша бастауыш сынып оқушылары күніне екі сағаттан он күн онлайн режимінде демалды. Бірінші маусым 1-14 маусым аралығында өтіп, қамту көрсеткіші 40-50 баланы құрады.

Жазғы онлайн-лагерьдің бірінші маусымының кешенді бағдарламасы екі бағыттан тұрды. Ол – ойын-сауық, тәрбиелік және танымдық бағыттар. Онда "Қазақстан – менің Отаным" және "Саяхат уақыты" тақырыптары қамтылды. Сонымен қатар онлайн-лагерь бағдарламасында спорттық ойындар, түрлі байқаулар (сурет, қолөнер, вокал, хореография және басқа) қарастырылды.

Оқушылар сарайында жазғы демалыс сабақтары да онлайн режимінде өтуде. Белгілі бір уақытта педагогтар мен оқушылар компьютер немесе смартфон көмегімен байланысады. Бұл орайда онлайн-үйірмелер – домбыра, хореография, бейнелеу өнері, қолөнер, туризм, шахмат және тілдік мектептердің жұмыстары тоқтатылмай, жүргізілуде.

Жазғы онлайн-лагерьде өткізілген күндер балалардың есінде ұзақ сақталады және ұмытылмас әсерлерге, пайдалы істерге және жағымды естеліктерге толы болады деп сенеміз.

Алмагүл АРАПОВА,
Оқушылар сарайы директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары

Талдықорған қаласы

◆ КОНФЕРЕНЦИЯ

Ішкі туризм өркендейді

Облыстық туризм басқармасының ұйымдастыруымен Алакөл бойындағы жазғы шомылу маусымы және оның алдағы жұмыс жоспарларын реттеп, туристердің алаңсыз демалуы үшін сақтық шараларын күшейтуді мақсат еткен онлайн конференция өтті. Шараны облыстық туризм басқармасының басшысы Жанар Алшымбаева жүргізіп отырды. Шара аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, аймағымызда жұмыс істейтін туристік фирмалардың, Алакөл ауданы әкімдігінің өкілдері қатысып, өз ойымен бөлісті.

Қажет АНДАС

Өткен жылы аймағымыздың туризм саласы үлкен жетістіктерге жетті. Еліміздің көрікті жерлеріне демалып қайтқан шетелдік туристердің қызығушылығы да жоғары болды. Оның үстіне, ішкі туризмнің дамуына да үлкен серпін әкелді. Әсіресе, Алакөлге келген демалушылардың саны рекордттық деңгейге жетті.

Биыл да бұл көрсеткіш өсе түседі деп күтілген еді. Десе де, әлемдік індеттің салдарынан елдегі төтенше жағдайдың орын алуы, өңірде карантиндік режимнің орнауы біраз жоспарға кедергі келтіргені белгілі. Бірақ бұл жағдай Алакөлге келетіндердің санын азайта қоймасы анық. Өйткені, Алакөлдің туристік әлеуетін көтеру үшін мемлекет тарапынан, облыстық әкімдік тарапынан көп қолдау көрсетілуде.

– Бәріңізге белгілі, Алакөл көлінің жағалауы республикалық деңгейдегі 10 басым нысан тізіміне енгізілген. Алакөл курорттық аймағын дамыту үшін маусымдық рейстерді ұйымдастыру, инфрақұрылымды дамыту бойынша бірқатар шара, жоспарлар атқарылуда. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, келушілер саны мен көрсетілген қызмет көлемі жағынан жақсы нәтижелерге жетті. Биыл да жақсы көрсеткіштерге жетеміз деген сенім бар. Өйткені, әр дағдарыс қиындық тудырғанымен, мүмкіндік те береді. Биылғы мүмкіндік ішкі туризмнің дамуына ықпал етіп отыр, – деді ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Дастан Рысбеков.

Әрине, бүгінгі күндегі жағдай бойынша Алакөл бойына орналасқан туристік нысандардың санитарлық жағдайы қатаң бақыланып, ретке келтіру басты назарда болуы керек. Ол үшін облыстағы туризм саласында жұмыс істейтін мемлекеттік немесе жеке меншік мекемелердің жұмысын ширатқан жөн. Осы тұрғыда көп салмақтың облыстық туризм басқармасы мен Алакөл ауданы әкімдігіне түсетіндігі белгілі.

– Жазғы шомылу маусымының ашылуына байланысты бүгінде Алакөл жағалауындағы дайындық жұмыстары басталып кетті. Туристерді қабылдау бойынша шаралар қабылданды. Бұл ретте 62 туристік фермадан өтініш түсіп, арнайы құрылған комиссияның шешімі бойынша оның 35-іне жұмыс бастауға рұқсат берілді. Сонымен қатар, Алакөл көл жағалауы тазалық серіктестігі ашылып, көл жағалауына қоқыс жинайтын 15 техника тартылып, 145 дана қоқыс жинайтын жәшік орналастырылды. Демалушылардың қауіпсіздігі үшін 20 миллион теңге қаржы бөлініп, көл жағалауына қоршаулар орнатылды. Кәріз жүйесін реттеу бойынша үш құрылыс фирмасы жоспар бойынша жұмысқа кірісті. Ұшақ мәселесі толығымен шешіліп, Үшарал-Достық бағытындағы 30 шақырым жол ел игіліне берілді, – деді Алакөл ауданы әкімінің орынбасары Алмас Аханов.

Жыл басындағы жоспар бойынша Алакөл көліне жазғы шомылу маусымында 1 миллион 700 мыңға жуық адам келіп, 8 миллиард теңгеден астам қызмет көрсетіледі деп жоспарланған.

Індетке байланысты бұл көрсеткіш орындалмай қалуы мүмкін деген де қауіп бар. Десе де, конференция барысында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев және басқа да мекеме басшылары, туристік фирмалар, кәсіпкерлер жағдай қалыпты болса, ойға алған мақсатқа жетуге мүмкіндік мол екенін жеткізді.

◆ БІЛІМ

«Болашақта кім боламын, қайда оқуға түсемін, қандай мамандық таңдаймын» деген сұрақ әрбір мектеп бітіруші түлек пен ата-аналардың көкейінде жүрген сауал екені анық. Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің тілімен айтар болсақ, «Халықпен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім». Демек, Тәуелсіз Қазақстанымыздың өзге елмен терезесін тең, болашағын жарқын ететін де сол – жас ұрпақ. Сондықтан болар, білімі мен біліктілігін ұштастыра білетін маман даярлау мәселесінде еліміздегі жоғары білім беретін оқу орындарының маңызы зор. Сондай киелі білім шаңырағының бірі, өзім мақтан ететін І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті.

БІРЕГЕЙ ОҚУ ОРНЫ

Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасының меңгерушісі Г. Байтаева ханымның басшылығымен кафедрада білім беру қызметінде жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленетін ПОҚ білікті құрамы жүзеге асырады. Кафедраның алға қойған басты міндеті – жоғары маманданған, мемлекеттік және жергілікті басқару, менеджмент пен маркетинг саласында нәтижелі қызмет атқара алатын білікті менеджерлерді даярлау. Атап айтар болсақ, мұндағы жастар бакалавриат бойынша мемлекеттік және жергілікті басқару, менеджмент, ақпараттық ресурстарды басқару мамандығы бойынша білім алса, магистратура бойынша менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару, іскерлік әкімшілік, мамандығы бойынша ары қарайғы оқуын жалғастыра алады.

Бакалаврларды даярлаудағы мақсат – жалпы мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы әкімшілік реформаларға сындық сараптама жүргізе алатын, әлеуметтік-экономикалық үдерістерді мемлекеттік және жергілікті бақылаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін меңгерген, жаңа қалыптағы басқарушы мамандарды қалыптастыру.

Менеджмент мамандығы бойынша бакалаврларды оқытудағы мақсат – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өндірісті іс жүзінде басқара алатын, өндірістік жүйені бағалай білетін, кадрлық саясатты жүргізіп, нарықтық ортаның өзгерістеріне сәйкес басқарушылық шешімдерді қабылдай алатын, сұранысқа ие мамандарды дайындау.

Ақпараттық ресурстарды басқару білім беру бағдарламасының мақсаты – экономика және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ, ақпараттық жүйелер мен технологиялар құралдарын әзірлеу және іске асыру саласында жоғары білім мен кәсіби құзыреттілікті меңгерген білікті маманды сапалы даярлау.

Кәсіби тәжірибені өткізу үшін мемлекеттік басқару органдары – аудандық, қалалық, облыстық әкімшілік, өндіріс пен сауда нарығындағы көпсалалы және мамандандырылған кәсіпорындармен қатар қаржы секторындағы ұйымдар (банк, сақтандыру мекемелері) таңдалады. Ол ұйымдармен тәжірибеден өтудің күнтізбелік кестесі мен бағдарламалары талқыланады. Тәжірибе базасына мемлекеттік мекемелермен қатар, «Arena S», «Казпочта», «Талг-Строй», «Темірбетон», «Кайнар-АКБ» сияқты жеке компаниялар да кіреді.

Заман ағымы қажет еткен талай мамандық иелерін дайындап, ұясынан ұшырған бұл орда биылғы мектеп бітіруші түлектерді де қабылдауға дайын.

Д. БАБАШ,
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

✓ зейнеткерлер мен (78 жасқа дейін) жұмыс істейтіндерге
✓ 1 000 000 теңгеге дейін
✓ кепілдіксіз
✓ алты жылға дейін
✓ өте тез!
✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

ҚР Ұлттық Банкінің Қарағанды филиалы 2017 жылғы 26 қазан № KZ01VGY00000355 хабарламасы

ЭВЕРЕСТ Финанс

Талдықорған қ., тел. 8-708-363-5929
Алматы қ., тел. 8-708-925-7267

Назар аударыңыз!
ТӨМЕН % СТАВКАЛАР
ҚАРЫЗ 1 000 000 ТГ ДЕЙІН

Талдықорған қ-сы, Н. Назарбаев даңғылы, 44 (Тәуелсіздік көшесі), 8-офис, "Отау" БО, "ГУМ" СҮ-ге қарама-қарсы.
Тел. 8-708-363-59-29, Алматы қ-сы, тел. 8-708-925-72-67.

Құттықтаймыз!



Ақсу ауданы І. Жансүгіров кентінің тұрғыны, мейірім шуағы мол, пейілі кең жездеміз **Бүркітқали ЖҰМАҒАЛИЕВТІ** 70 деген қасиетті жасқа толуымен құттықтаймыз!

Күмісбаладай әпкемізбен бақытты ғұмыр кешіп, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын тең көріңіздер. Шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, баянды бақыт тілейміз.

Құтты болсын 70 деген жасыңыз,
Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп алға аяқ басыңыз!

Балалардың арасында жүріңіз,
Шаттық нұрдан арылмасын жүзіңіз.
Тілек еттік шын жүректен бәріміз,
Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз.

Бір арманды ортақ алып тізгінге,
Махаббаттың айдынында жүз күнде.
Кемесіне мінгеннен соң жетпістің,
Саяхатын жасаңызшы жүздің де.

ІЗГІ НИЕТПЕН: Әмірхан-Гүлбаршын және балалары.



Кеген ауданына қарасты Жалаңаш ауылының тұрғыны, бір шаңырақтың отағасы, асыл жар, қымбатты әке, жан бауыр, еліне елеулі азамат **ТҰРЛЫҚОЖАЕВ Мейірбек Жүніскенұлы** маусымның 20-жұлдызында биік белес, асқар таудай 60 жасқа толды. Осынау елеулі қуанышымен шын жүрегімізбен қуана құттықтаймыз!

Майдангердің ұлы. Тауларындай тұлғалы, үлкенге ізетті, кішіге қамқор, кісілік, кішілік, адамгершілігі мол, парасатты азамат. Туған жерінде, аудан орталығында түрлі жауапты қызметтер атқарған. 2000 жылдан кәсіпкерлікпен айналысып келеді. Арнайы білімі бар өңірге танымал кәсіпкер. Ел сенімін арқалап ұзақ жылдар аудандық мәслихаттың депутаты болып жемісті еңбек етті. Отбасының берекесі Гүлсімдей жары екеуі Әсет, Абзалдай ұлдарын, Асылдай қыздарын өсіріп, қанаттандырды. Немере сүйіп отырған бақытты жайлары бар. Жүрген жеріне сүйкімді, өскен ортасына сыйлы, халқына қадірлі Мейірбектің көрер қызығы, татар дәмі, шуақты өмірі алда.

Ұзақ болсын мағыналы ғұмырың,
Биік болсын өмірдегі тұғырың.
Тең қартайып Гүлсімдейін жарыңмен,
Көріңіздер ұрпақтың бар қызығын!
Жырымызды ұсынамыз шашу ғып,
Алдыңдағы өмір жарқын, асу нық.
Көп болсыншы 60 жастың берері,
Біз тілейміз шат ғұмырды ғасырлық!

ІЗГІ ТІЛЕК, ҮЛКЕН ҚҰРМЕТПЕН: жездесі – **Азамат,** әпкесі – **Гүлнар,** күйеубаласы – **Бекет,** қарындасы – **Бейбіткүл.**

Қарасай ауданының орталығы Қаскелең қаласында тұратын сүйікті немереміз **АЗАМАТ Жәнібек Біржанұлын** маусым айының 29 жұлдызында 5 жасқа толатын қуанышымен құттықтаймыз! Сүндет жасына толып отырған жарық күніміздің өмірі ұзақ, көңілі шат, қуанышы көп болсын. Тәуелсіз Отанымыздың тірегі болар үлкен азамат болып ержетсін. Бір отбасының ғана емес, елі-жерінің елеулі азаматы болсын. Кішкентай күніміз аман-есен ержетіп, жақсы оқып, қалаған мамандығына ие болып, ата-анасының үмітін ақтап, ат жалын тартып мінер азамат болып бар жақсылыққа кенелсін!



Аллам өзің қолдағын,
Ашық етіп жолдарын.
Сүндет деген 5 жасың,
Үлкен жігіт болғаның.
Жігіт болдың сен енді,
Өмір бағын көр енді.
Отаныңа, еліңе,
Адам болғын, елеулі!

ІГІ ТІЛЕКПЕН: атасы – **Азамат,** апасы – **Гүлнар,** нағашы апасы – **Бисара,** әпкелері – **Әсем, Маржан, Анель, Айдана, Әдемі,** қарындасы – **Айбике.**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІП

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.

Меншікті тілшілер: Алакөл — 8-777-388-57-77, Панфилов — 9-12-27,Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8-701-212-00-96, Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Мәди АЛЖАНБАЙ, Алма ЕСЕНБАЕВА.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі,бейсенбі,сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Эл. мекенжайымыз: www.7-su.kz
Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 642
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 35 729, оның ішінде «Жетісу» газетінің осы шығарылымының таралымы — 22 703.
Индексі – 65469.



ӘЛ-ФАРАБИ:

Мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болу керек.



АБАЙ:

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі.



Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 85-87
(18795)
Сенбі,
8 тамыз,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы
маусымнан шығады

www.7-su.kz
Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

◆ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Биылғы қиын жағдайда Талдықорған қаласында республика, тіпті Орта Азия елдері арасында баламасы жоқ нысандар бой көтеріп, жұрттың көңіл қуанышына айналуда. Сол нысандарды аралап қайтқан облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ жұмыс барысындағы артықшылықты атап, кемшіліктерге сын-ескертпе айтты.

Қажет АНДАС

Аймақ басшысы алдымен «Қаратал» шағынауданындағы Студенттер үйіне ат басын тіреді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары іргетасы қаланып, кейінгі жылдары құрылыс жұмысы тоқтап, жаңа шағынауданның сәнін бұзып келген көпқабатты нысан өткен жылы облыс әкімінің тапсырмасымен студенттердің жатақхана қиындығын шешу мақсатымен қолға алынған болатын. Міне, қазір 4.18 гектар алқапқа орналасқан жатақхана ғимараты, спорт алаңы, балалардың демалыс орны, автотұрақ, гүлзарлар мен мерекелік шаралар ұйымдастыруға арналған шатырлардың арасындағы бос жерге отырғызылған сәмбі тал мен көпжылдық шыршалар, жол жиегіне төселген көкорай шалғын шөп пен алуан түрлі гүл аумақты түрлентіп жіберген. 10, 13 қабатты құрылысқа бөліне орналасқан 96 бөлменің әрбірінің ішіне студенттерге керекті құрал-жабдықтар орналастырылыпты. Жатақхана ғимаратына кіреберіске айналдыра қойылған үстел-орындық, үлкен экранды теледидар, тағы да басқа жиһаздар жаңа жылылық сыйлайды. Әр қабаттағы залға айналдыра әсем өрнекті терезелер қойылып, қауіпсіздікті сақтаудың барлық талабы орындалған. Жеделсаты да зырылдап жүріп тұр. Қысқасы, 2173,3 миллион теңге қаржымен құрылыс жұмысы аяқталып, енді 288 студенттің алаңсыз білім алуына бар жағдай жасалған. Десе де құрылыс алаңын абаттандыру жұмысындағы кейбір кемшіліктерді байқаған облыс әкімі мердігер компания «BI-Industrial» ЖШС өкілдері мен облыс және қаланың құрылыс саласына жауапты мамандарына көрсетіп, оны түзетуді тапсырды.

Келесі кезекте облыс әкімі қаладағы жабық бассейн нысанын аралады. Мемлекет және жекеменшік әріптестігі негізінде 11,4 миллиард теңге қаржы құйылған құрылыстың бүгінде ішкі әрлеу және техникалық құрылғыларды орнату жұмыстары басталған. Республика емес, Орта Азия елдері арасында баламасы жоқ нысан қолданысқа берілген соң халықаралық сайыстарды өткізетін маңызды нысан болмақ. Сондықтан құрылысқа қолданылатын әрбір материалдың сапасына баса назар аударған жөн. Осыны ескерген мердігер компания өкілдері аймақ басшысына ішкі әрлеу және сыртқы абаттандыру жұмысына қолданылатын материалдарды бір-бірден таныстырып, қауіпсіздік қызметіне орай орнатылатын құрылғылардың жұмыс істеу мүмкіндігін көрсетіп шықты. Нысанның құрылысы өткен жылы басталған еді. Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, жоспарланған мерзімде ел игілігіне беріледі.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша Алматы – Талдықорған автожолының бойынан бой көтерген коттеджді қалашық құрылысы да облыс әкімінің жиі бас сұғатын нысаны. Жалпы, 109,8 гектар аумақтағы қалашық құрылысын «ПМК-7К» ЖШС, «Құрылысшы ТБС» ЖШС, «Техноснаб – 2002» ЖШС сияқты бірнеше компания жүргізіп жатыр. Ол жерде тұрғын үй, сауда орталығы, спорт алаңы, мектеп, балабақша, амбулатория, тағы да басқа халыққа қызмет көрсету нысандары бой көтеруі керек.

Қазірде мұнда құрылыс жұмысы қарқынды жүруде. Бірақ тиісті мекемелер ескерусіз қалдырған кейбір кемшіліктер облыс әкімі Амандық Баталовтың көңілінен шықпады. Қалашықтың алғашқы үйлерінің кілтін тапсырған тұста Амандық Ғаббасұлы облыс және қаланың құрылыс саласына жауапты мекемелеріне биылғы жылы ең алдымен тұрғындардың қалаға сабылып азық-түлік таситын қиындығын шешу мақсатымен сауда орталығын және балалардың бос уақытын алаңсыз өткізу үшін демалыс аллеясын салуды тапсырған болатын. Өкінішке қарай, балалар аллеясын салу жұмысының тендерін ақпан айында ұтып алған құрылыс компаниясы содан бергі 7 айдың ішінде 7-ақ метр жердің жоспарын орындапты. Ала жаздай бір ғана балалар аллеясын сала алмаған компанияның салғырттығы кімді болса да ашуландыратыны анық. Осы жағдайды назарға алған аймақ басшысы құрылыс компаниясының мәселесін қатаң түрде қарауды тапсырып, тендер мәселесіне қатысты тұлғалардың да жауапкершілігі кузалатындығын ескертті.

Өткен жылы облыс әкімі Қызылтас саяжайына барған жұмыс сапарында саяжай тұрғындары Қаратал өзенінен өтетін көпірдің жоқтығынан көп қиындық көріп жатқанын айтып, Қаратал өзеніне көпір салып беруін өтінген болатын. Міне, бүгін тұрғындардың сол тілегі орындалу алдында. Бюджеттен 318 миллион теңге бөлініп, Шайқорған және Қызылтас саяжайын жалғастыратын көпір құрылысы шешімін таба бастады. «Теплоремстрой» ЖШС-нің құрылысшылары мамыр айының соңынан бастап қолға алған көпір құрылысы бүгінде қарқынды жүргізілуде. Нысан осы жылдың соңына қарай пайдалануға беріледі. Көпір құрылысын арнайы келіп көрген аймақ басшысы жұмыс сапасына ризалығын білдірді.

Әрине, бүгінгідей қиын күнде құрылыс компанияларының жағдайын да түсінуге болады. Бірақ, ел келешегі үшін істеліп жатқан әрбір жұмыстың кешіктіруді көтермейтінін де ескергеніміз жөн.

◆10 ТАМЫЗ — АБАЙ КҮНІ



АБАЙДЫҢ СУРЕТІ

Мынау тұрған Абайдың суреті ме? –
Өлең – сөздің ұқсаған құдіретіне,
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Қарсы келер Абайдың кім бетіне!
Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Соңғыларға қалдырған үлгі-нұсқа,
Арғын, Найман сөзіне таңырқаған –
Қандай арман бар дейсің бұл туыста!
Терең ойдың түрінде теңізі бар,
Тесіле көп қарасаң көңіл ұғар.
Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!..

Жамбыл ЖАБАЕВ

(10-бетке назар аударыңыз)

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Өмірзақ Әбілсейітұлы Ниязбеков облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Өмірзақ Әбілсейітұлы НИЯЗБЕКОВ



1966 жылы туған. Алматы мемлекеттік медициналық институтын дәрігер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Алматы облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласында Алакөл аудандық орталық ауруханасының хирургиялық бөлімінің хирургы болып бастаған.


Әр жылдарда Үшарал қалалық орталық ауруханасының хирургиялық бөлімінің бөлім меңгерушісі, Алматы қаласында «Түрксіб санаториі» ААҚ бас директоры, «№7 қалалық клиникалық аурухана» МКҚК хирург-дәрігері, «Емдеу-диагностикалық орталығы» МКҚК амбулаторлық-емханалық бөлімшесінің хирург-дәрігері, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласында «Қарасай ауданының орталық ауруханасы» МКҚК директорының ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, Алматы қаласында «Алматы аймақтық онкологиялық диспансері» ШЖҚ МКК әдістемелік-ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болған.

2018 жылдың шілде айынан – Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының емдеу-профилактикалық жұмыс жөніндегі орынбасары.

ХРОНИКА

Алматы облысы әкімінің өкімімен Бауыржан Ербозымұлы Ысқақ өз өтініші бойынша Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы лауазымынан босатылды.

◆МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА



Шалғай ауылдардың жағдайын жақсартуға «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасының тигізіп отырған шапағаты аз емес. Мәселен, Кеген ауданында биылдың өзінде 4 мектеп пен 2 Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткізіліп жатыр. Мұның сыртында Жайдақбұлақ пен Жалаулы ауылдарының тұрғындары биыл таза ауызсуға қол жеткізгелі отыр.

Қанат БІРЖАНСАЛ

АУЫЗСУҒА ҚОЛ ЖЕТЕДІ

Жалаңаш ауылдық округіне қарайтын Жайдақбұлақ елді мекенінде бүгінде 58 отбасы тұрады. Табиғаты көркем ауылдың тұрғындары негізінен төрт түлік малмен жандарын бағып, ырыстарын кіргізіп, берекелерін арттырып келеді.

Биылғы жылдың жақсылығы деуге әбден болады, Жайдақбұлақ ауылында «Жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында ауызсу жүйесі қайта жаңғыртылып жатыр. Бұл игілікті істі Манас Бұқабаев басқаратын «Жолашар» ЖШС қолына алып, сапалы жүргізіп келеді.

Манастай білімді, білікті азамат Кеген ауылында тұрады. Биыл Жайдақбұлақ пен Жалаулы ауылдарындағы ауызсу жүйелерін күрделі жөндеуден өткізу жөніндегі жұмыстарды тендер арқылы ұтып алған болатын.

Жайдақбұлақ ауылының кіреберісінен бастап ауызсу жүйелері үшін арна тартылып, су бөлетін цемент шұңқырлары орнатылып, құбырлары жалғануда. Жалпы, тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз ету үшін 4 көше бойынша жалпы көлемі 3,5 шақырымды құрайтын құбыр тартылып, тиісті жұмыстар жүргізілмек. Ауылдың бас жағындағы бұрынғы су қоймасы қалпына келтіріледі. Бұл орайдағы жұмыс басталып, сәтімен жалғасуда.

Ауылды ауызсумен қамтудың жоба-жоспарын қолына алып, қай жерге не орнатылады, бәрін бес саусағындай біліп отырған Әуесхан су жүйесін жаңғыртудың нағыз білгір мамаманы. Бағдарламаға сәйкес ауылдың өзінен 6 адам жұмыспен қамтылыпты. Жер қазатын трактор жүргізетін механизатор Жандос Дегенов, су құбырын бір-біріне жалғап отыратын Олжас Рахиза мен Олжас Ыдырыс та өз істерінің шебері. Болат Баймұханов, Алмас Байбатыров, Алмас Боқаев, Олжас Доданов секілді қарапайым еңбеккерлердің де көтеріп жүрген жүктері жеңіл емес.

– Жайдақбұлақ ауылынан бөлек Үзынбұлақ ауылдық округіне қарасты Жалаулы ауылында да ауызсу жүйесін қайта жаңғырту жұмысын жүргізіп жатырмыз. Мұның сыртында аудандағы Ақтасты, Тасашы, Сарыкөл, Ереуіл, Жалаулы, Бөлексаз, Жайдақбұлақ, Көкпияз ауылдарындағы мектептерге кәріз тарту жұмыстарын қолға алдық. Ел мен жер үшін жасалып жатқан мұндай игілікті шаруаларымызды мерзімінде бітіріп, игілікке жарататын боламыз, – дейді «Жолашар» ЖШС-нің директоры Манас Бұқабаев.

«Жолашар» ЖШС қарамағындағы мамандар мен жұмысшыларға қажетті жағдайлардың бәрін жасап отыр. Жатын орындары жайлы. Үш уақыт дәмді тамақ беріледі. Еңбекақыларын уақтылы алуда.

– Шалғайдағы ауылдардың жайын ойлап, қолдау көрсетіп отырған мемлекетіміздің саясатына, арнайы бағдарламасына шын жүрегімізбен алғысымызды айтамыз. Алла бұйыртса, әр шаңырақ таза ауызсуға қол жеткізетін болды, – дейді ауыл биі Ақанқожа Әліқұлов.

Кеген ауданы



ӘЛ-ФАРАБИ:

Бақыттың мәні — парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағаттап отыруында.



АБАЙ:

Егерде мал керек болса — қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі — қазақтың әулиесі сол.



Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 98-100
(18808)
Сенбі,
12 қыркүйек,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆ АҚОРДА

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВТЫ қабылдап, Жетісу жерінде атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесімен танысты. Сондай-ақ, «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты биылғы Жолдауда айтылған өзекті мәселелердің орындалу барысын талқылады.



ОБЛЫС ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ


Қасым-Жомарт Кемелұлы өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын сұрап біліп, Жолдауда айтылған әлеуметтік шараларды орындаудың және пандемия жағдайында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Кездесуде облыс әкімі баспанаға мұқтаж тұрғындарды, әсіресе, әлеуметтік аз қамтылғандар санатындағы азаматтарды баспанамен қамтудың «5-10-20» және «7-20-25» бағдарламалары аясында жүзеге асырылып жатқандығын жеткізіп, осы бағыттағы жұмыстың барысын таныстырды. Сонымен қатар, топырағы құнарлы Жетісу жеріндегі ауылшаруашылығын дамытудың мүмкіндігі сараланып, ауылшаруашылық саласына инвестиция тарту мәселесі ортаға салынды. Осыған орай облыс әкімі табиғаты тамаша өңірдегі ішкі туризмді кеңінен дамыту бойынша қолға алынып жатқан шаралар мен жетістіктерді баяндап, биылғыдай пандемия жағдайында оқу үрдісін ұйымдастыру нәтижесін әңгімеледі.

Облыс әкімі Амандық Баталовты мұқият тыңдаған Мемлекет басшысы аймақта белгіленген әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін жоғары деңгейде орындауды тапсырды.

«Jetisy ақпарат»

◆ КҮЗ ЫРЫСЫ



Жетісу өнімдері тамсантты

Жыл сайын Елорда төрінде ұйымдастырылатын ауылшаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі биыл да жалғасты. Игі дәстүр «Хан-шатыр» ойын-сауық орталығының жанында өтіп, қалалықтарды дән риза етті. Шарада саудаланған табиғи өнімдер тұрғындарға қолжетімді бағамен ұсынылды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жетісулық ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін елордаға облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев бастап барды. Облыс әкімінің орынбасары: «Жылдағы дәстүрге сәйкес Жетісу жерінде өсіріп, өндірген өнімдерімізді Нұр-Сұлтан қаласына әкелдік. Біздің өнімдерімізді жергілікті тұрғындар жақсы біледі әрі асыға күтеді. Күннің күрт суытуына қарамастан сауда қызып жатыр. Тауарлардың бағасы да базардағыдан әлдеқайда төмен», – деді.

Жәрмеңкеде бетперде тағу, антисептик қолдану сияқты санитарлық-гигиеналық талаптар ерекше сақталды. Базар аумағында арақашықтықты ұстану үшін сызықтар сызылып, адамдардың топтасуына жол берілген жоқ. Базаршылар бір бағыттан кіріп, екінші бағыттан шықты.

Сенбілік жәрмеңкені Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов бастаған топ аралап көріп, сөреге қойылған өнімдердің бағасы мен сауда мәдениетіне көз жүгіртті. «Әр сенбі сайын еліміздің әр аймағынан келген диқандар өздерінің өсіріп, өндірген өнімдерін қала тұрғындарына саудалайтын болады. Бұл екі жаққа да тиімді. Сондықтан, мұндай шара алдағы уақытта да жалғасады. Ауылшаруашылығы жәрмеңкелеріне қатысып жүрген облыстардағы әріптестеріме алғысымды білдіремін», – деді Алтай Сейдірұлы.

Айта кетейік, Нұр-Сұлтан қаласында өткен жәрмеңкеге Алматы мен Түркістан облыстарының фермерлері қатысты. Екі аймақтан барған шаруалар елордаға барлығы 800 тоннадан аса ауылшаруашылығы өнімдерін жеткізді. Жетісу жерінің он жеті ауданы мен үш қаласынан барған жерлестеріміз де өз әкелгендерін ешбір делдалсыз саудалап қайтты. Бағаны тұрақтандыруға атсалысып жүрген Жетісу әлеуметтік корпорациясы да бұл шаруадан қалыс қалған жоқ.

– *Өткен күзде қалада жәрмеңкелер өткізіліп, оған Қазақстанның барлық облысы қатысты. Бұл жерге әр демалыс сайын келуге тырысамын. Өйткені, елдің әр аймағында өндірілген өнімдер әртүрлілігімен ерекшеленеді. Бағасы да төмен, таңдау да жоғары. Ет, сүттен бастап өрік-мейіз, тәттілерге дейін бар. Іздегеніңнің бәрін табасың. Балғын өнімдердің дәмі де тіл үйіреді. Елге пайдасы бар шара жалғасса дейміз»,* – дейді өз ойымен бөліскен қала тұрғыны Нәзира Сұлтанқызы.

Жергілікті жұрттың көңілінен шығып, мерейлерін тасытқан игілікті істе өнім түрі мол болып, көпшілікті тамсандырды. Жетісулық диқандар апарған алма мен алмұрт, жүзімдер де көздің жауын алып, жұртты өзіне қаратты. Дәмі тіл үйірер қауын-қарбызды алушылар да көп болды. Қапшағайдың пиязына, Райымбек ауданынан әкелінген мал еті мен Еңбекшіқазақ ауданынан апарылған сиыр сүтіне кезекке тұрғандардың қатары да кешке дейін сиремеді.

Жетісу жерінің қызыл картобын алушылар да аз болған жоқ.Бал мен балық сатып алғандар да өз ризашылықтарын білдірді. Ұн мен күріш, қантты қапқабымен сатып алғысы келетіндер де кезекке тұрды. Қой, сиыр, жылқы еттері де сауда сөрелеріне лықа толып, өз алушыларын тапты. Қазы-қарта, жал-жаяға да сұраныс жоғары болды. Талдықорған мен қала маңындағы аудандардағы қайта өңдеу кәсіпорындары шұжық пен сүт өнімдерінің және ас атасы – нанның небір дәмдісін ұсынды.

Таң бозынан басталған күзгі жәрмеңкеге келушілер түс ауғанша толастамады. Артынып-тартынған елордалықтар керек-жарағын осы жәрмеңке арқылы түгендеп алуға тырысты.

Алыстан жеткен жетісулық диқандар базарлы күннің шырайын келтіріп, елордалықтардың көңіл-күйін серпілтті. Сатушылар да бар ынта-ықыласымен сапалы қызмет көрсетуге тырысты.

Алматы облысы шаруаларының жоғары деңгейде дайындалып келгендеріне көз жеткізген Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары мен қонақтары өз ризашылықтарын білдірді. Осылайша, күзгі шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көпшіліктің есінде қалатындай өтті.

Жалпы, жетісулық диқандар елордалықтарды азық-түліктің 50-ге жуық түрімен қамтамасыз етті. Жәрмеңкеге барлығы 160 миллион теңгенің 400 тоннаға жуық өнімі апарылып, саудаланды. Келесі жәрмеңкені Батыс Қазақстан мен Жамбыл облыстары жалғастырып, олар да өздерінің өсіріп, өндіргендерін астаналықтарға ұсынатын болады.

Нұр-Сұлтан қаласы

◆ ЕГІНЖАЙ КҮНІ

Рапс – пайдалы дақыл

Талдықорған қаласының іргесіндегі Өтенай ауылдық округінің аумағына орналасқан «Agropark Taldykorgan» егістік алқабында Талдықорған өңірінде күздік рапс өсіруге байланысты оқу-семинары өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев пен облыс, қала ауылшаруашылық басқармасы мен бөлімдерінің басшылары, жермен айналысатын шаруа қожалығының иелері, сортты тұқым өсірумен айналысатын шаруашылықтың өкілдері, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының мамандары қатысып, салиқалы ой өрбітіп, тұқым себу жұмысына куә болды.

Қажет АНДАС

Аталмыш шара ашық аспан астында, егіс алқабында өткенімен де сақтық шаралары қатаң сақталды. Көпшілік егіс алқабының бір шетіне қатар-қатар тізілген жаңа техника мен шатырларға орналасқан тұқым сортын өсіретін шаруашылықтардың өнімімен аралық сақтай отырып, танысып шығуға мүмкіндік алды. Осыдан кейін оқу семинары басталды.

Семинарда облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев сөйлеп, аймағымыздың ауылшаруашылығы саласындағы үлкен жетістіктерінен жұртты хабардар етті. Сондай-ақ, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры Андрей Агеенко, белгілі қоғам қайраткері, меценат Сергей Терещенко, тағы да басқа азаматтар кезек-кезек сөз алып, бүгінгі шараның маңызды тұстарына тоқталды.

Жалпы, өңірімізде ауылшаруашылығы қарқынды дамуда. Әсіресе, шетелдік және отандық сортты тұқымдарды жерсіндіру нәтижесінде қызылша, жүгері, майбұршақ дақылдарының егіс көлемі ұлғайып, өнімділігі арта түскені анық. Аумағы 35 гектар жерді алып жатқан «Agropark Taldykorgan» егіс алқабының өзінде бүгінде қант қызылшасының 17, майбұршақтың 5, жүгерінің 15 сортты тұқымы жерсіндірілуде. Өткен жылдан бастап Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты рапстың жаңа тұқымын сынақтан өткізуді бастады.

– Биыл Алматы облысы бойынша мың гектарға, Жамбыл облысында 200 гектардың үстінде, Түркістан облысында 300 гектарға жуық алқапқа осы жаңа тұқымды егіп, сынақтан өткізбекпіз. Қазіргі уақыттағы ауа райының жағдайына қарай егіс жұмысын Талдықорған өңірінен бастап отырмыз, күз айы біткенше басқа өңірлерге жоспарланған жұмыс өз деңгейінде орындалады. Рапс егудің бірнеше тәсілі бар. Талдықорған өңірінің топырақ қабатының ерекшелігіне сай алдымен жерді жыртып, тегістеп, тұқым сіңіру әдісін таңдап алдық. Жерді жыртпай-ақ тікелей тұқым сіңіретін тәсіл де бар. Оны өзге өңірлердің жағдайына қарай қолданамыз, – дейді Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының мал азығы және майлы дақылдар бөлімінің меңгерушісі Серік Абаев.

Егер рапс күзді күннің қоңыр салқын ауа райы жағдайында өсіп, күш алса, көктемде оны баптауға көп шығын кетпейді. Дәнінің майлылығы 45,6 пайыз, қалған бөлігі мен өсімдік сабағын мал азығы ретінде пайдаланады.

Жалпы, рапс тиімді егіс дақылы санатында. Оған аз қаржы жұмсап, көп пайдаға кенелуге болады. Мамандардың айтуынша, бір гектар рапс алқабына тұқымы, жер жырту құны, баптау, суғару, дәрі-дәрмегі, жанар-жағармай, тағы да басқа шығындарын қоса есептегенде 100 мың теңге айналасында қаражат жұмсалады. Бүгінде оның бір килограмы 270 теңге айналасында сатылады. Суармалы жерде гектарынан 3,5 тонна, суарылмайтын жерде 2-2,5 тонна өнім алынады. Шаруалар өнімін «қайда сатамын?» деп те бас қатырмайды. «Талдықорған» индустриалды аймағындағы тәулігіне 500 тонна рапс және 400 тонна күнбағыс дәнін өңдейтін «Агрокомплекс Жетісу МаЖиКо» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің майлы дақылдарды қайта өңдеу зауыты қанша өнім болса да алуға ниетті.

◆ ӘЛЕУМЕТ

Меморандумға қол қойды

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаментінің басшысы З. Ілімжанованың, облыстық «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры А. Шаяхметовтың бастамасымен қолжетімді орта тақырыбында басқосу өтті.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді орта жайлы түсіндіру үшін облыс кәсіпкерлері бірлескен және келісілген іс-шаралар кестесін бекітеді. Жұмыс жоспарына сәйкес мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жан-жақты ақпарат беріледі.

Жиында облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Р. Ақжаркенова қолжетімді орта туралы дәріс оқыды. Баяндамашы қазіргі уақытта облыста 69 мың 462 мүмкіндігі шектеулі адам тұратынын айтты. Оның ішінде 35 мың 141 адам I-II топтағы мүмкіндігі шектеулі жан болса, мүгедек балалар саны 9006-ға жеткен. Бұл жақсы көрсеткіш емес. Олардың барлығы сапалы, қолжетімді ортаға мұқтаж екені анық.

– *Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаменті өз құзыреті шегінде «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының іске асырылуын, соның ішінде мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз кіруін сол объектілерге барып, қолжетімділігін тексереді. Шағын және орта бизнеспен айналысуды қолға алған мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жеделсатылардың болмауы, пандустардың жеткіліксіздігі, арбадағы мүгедектердің қозғалысына кедергі келтіретін ескі турниктер әлі де бары анық. Осындай қиындықтарға тап болмас үшін облыстық «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлермен бірігіп үлкен жобаны қолға алдық. Болашақта мүмкіндігі шектеулі азаматтарға барлық жағдай жасалуы үшін еңбек ететін боламыз,* – дейді департамент басшысы З. Әбдімананқызы.

Басқосуда мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді ортаны қалыптастырудың алдын алу мақсатында біршама іс атқарылмақ. «Атамекен» ӨКП-де білім алушыларға қолжетімді орта туралы дәрістер курсы, қолжетімді орта параметрлері туралы бейнеролик және қолжетімді орта туралы жадынамалар таратылады.

Алдағы уақытта мүмкіндігі шектеулі жандардың дүкендерге, дәріханаларға, кафелерге, сұлулық салондарына және басқа да шағын және орта бизнес объектілеріне кедергісіз кіріп-шығуы үшін қолдан келгеннің бәрі жасалатын болады.

Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясына және «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес әлеуметтік инфрақұрылым объектілері мүмкіндігі шектеулі адамдардың қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс. Осыны алға тартқан Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаменті мен облыстық «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы қолжетімді орта туралы ынтымақтастық Меморандумына қол қойды.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti
Jetisý

◆ІССАПАР

Облыс әкімінің орынбасары Рустам ӘЛИ өзінің алғашқы жұмыс сапарын шегара шебінде орналасқан Үйғыр ауданынан бастады.



ЖАСТАРҒА ЖАҢАШЫЛДЫҚ ҚАЖЕТ

Қанат БІРЖАНСАЛ

Үйғыр ауданында жиырмадан аса елді мекен бар. Отыз мыңнан аса халық өмір сүруде. Қарадала өңірінің өткен сегіз айдағы экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткіштері жаман емес. Барлық салада ілгерілеу бар. Ауданға көгілдір отын келіп қойған. Өңірде баубақша жақсы жағдайда. Аудан тұрғындары көкөніспен және жеміс түрлерімен өздерін-өздері қамтып қана қоймай, республикаға да таратып отыр. Ауданда жылыжай жұмысы да өркендеген. Туризмнің де берері көп. Өткен жылдың ауқымында 71 мың адамға, туристерге қызмет көрсетілген. Ауданда жеті мыңнан аса адам кәсіпкерлікпен айналысуда. Шағын және орта бизнес те жақсы дамып келеді. Өңірде 1830 мұғалім еңбек етеді. 11 мыңнан аса оқушының дені қашықтан дәріс алуда. 25 медицина мекемесінде 109 дәрігер, 416 орта буын медициналық қызметкер жұмыс істейді. 39 мәдениет мекемесінде 124 маман еңбек етуде.

– Алғашқы жұмыс сапарымды сіздердің аудандарыңыздан бастап отырмын. Аудандарыңыздың жайын жақсы білемін. Мұнда өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдерінің арасында достық пен ынтымақ орнаған. Бірлік бар жерде берекелі тірлік бар. Оның жарқын мысалдары сіздерде жетерлік, – деп сөз бастаған облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халқымызға арнаған кезекті Жолдауына тоқталды.

Президент Жолдауында: «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру», – деп атап көрсетілген. Маңызды құжатта жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алатыны айтылған. Рустам Әли, әсіресе, өңірдегі жастар тәрбиесіне баса назар аудару қажеттігін алға тартты. Ортада кішкентай дүниеден от тұтататын арандатушы адамдардың да барын жоққа шығарған жоқ. Сондықтан жастарға жақсы тәлім мен тәрбие берген абзал. Президенттің Жолдауында жастар туралы жақсы әңгімелер айтылды. «Біріншіден, XXI ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн. Екіншіден, жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу қажет. Үшіншіден, кез келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асырған абзал. Төртіншіден, темірдей тәртіп және жоғары жауапкершілік баршамыздың бойымызда болуы керек», – деді облыс әкімінің орынбасары.

Рустам Әлиұлы өскелең уақытқа орай ақпарат жүйесінің де дамып отырғанын сөз етті. Бұған да назар аударған жөн. Ақпарат кеңістігінде неше түрлі дүниелер, пікірлер жүреді. Соның дұрыс, бұрысын да жастарға түсіндіріп отырған абзал. Не оқуда, не жұмыста жоқ бос жүрген жастарымыз да жетерлік. Оларды ортаға, іспен шұғылдануға тарту керек. Осындай кезеңде аудандағы тұрақтылықты сақтап, өңірдің болашағына негізделген шараларды қолға алып, дамыта беру керек. Шын мәнінде, Үйғыр ауданында соңғы жылдардан бері бір кезде жұмысы тоқтап қалған құс фабрикаларын қайтадан іске қосу бағытында жұмыс жүріп жатыр. Бұл аудандағы мыңдаған адамды жұмыспен қамтымақ. Өңірдің бір игілігі осы құс фабрикасында екендігі сөз болды.

Облыс әкімінің орынбасары әлемде, түрлі елдерде орын алып жатқан қақтығыстарды сөз ете келіп, республикамыздағы тұрақтылық пен қоғамдық келісім жайын, ұлттар арасындағы достық пен бірлік мәселесін алға тартты. Жастарды әл-Фараби мен Абайдай ғұламаларымыздың ілімімен сусындату қажеттігін ортаға салды. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына орай жұмыстар да жалғаса бермек. Бұл ретте ауданнан шыққан барша азаматтармен, түлектермен бірлесе жұмыс жүргізілмек. Биылғыдай тәжтажал алаңдатқан қиындыққа толы кезеңде әлемді жайлаған дағдарыс біздің де елді айналып өтіп отырған жоқ. Сондықтан осындай сындарлы шақта ортамызды ұйытқан береке-бірлікпен еңбек ету, өмір сүру – аса маңызды.

Рустам Әли аудан әкімдігінің үлкен залында жұртшылық өкілдерімен, қоғамдық ұйым жетекшілерімен жүздесуінде залдан түскен сұрақтарға да жауап берді. Кейбір мәселелерді облыс әкіміне жеткізетінін айтты. Аудан әкімі Шухрат Нурахунов өңір жайын әңгімелеп, арнайы іссапармен келген Рустам Әли тұрғындар атынан алғысын жеткізіп, жаңадан бастаған ісіне сәттілік тіледі.

Түстен кейін облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли Шонжы ауылындағы политехникалық колледжде болды. Оның жұмыстарымен колледждің директоры С. Рақымжан таныстырды. Облыс әкімінің орынбасары колледждегі тігін цехын, көлік жөндейтін орнын, жатақханасын, тағы да басқа игілікті дүниелерін көзімен көріп, ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, білім шаңырақтарындағы қашықтан оқыту мәселесіне де назар аударып, тиісті ескертпелерін жасады.

Үйғыр ауданы

◆БАЙҚАУ



БЕРЕКЕЛІ ШАҢЫРАҚ

Талдықорған қаласындағы Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына орай ұйымдастырылған «Берекелі шаңырақ» атты байқаудың қорытындысы шығарылды.

Қажет АНДАС

Айта кетерлігі, байқаудың іріктеу кезеңдері пандемияға байланысты онлайн түрде өткізілді. Сайысқа 40 жасқа дейінгі отбасылар қатысады деген талап бойынша облыстағы этномәдени орталықтардың ішінен суырылып шыққан 26 отбасы қатысты. Олар онлайн түрде «Менің тату отбасым» кезеңінде өздерін таныстырып, отбасы құндылықтарын көрсетсе, «Менің отбасымның дәстүрі» кезеңінде өз ұлтының салт-дәстүрін, мәдениеті, өнерін көрсетті. Осы кезеңде 7 минуттық бейнебаян дайындау туралы да тапсырылды. Осы екі кезеңнен сүрінбей өткен Алакөл, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Панфилов, Талғар, аудандары мен Талдықорған, Текелі қалаларынан 12 отбасы шешуші сайыста өнер көрсетті.

Іріктеу турына қатысқан отбасыларды этномәдени бірлестіктердің өкілдерінен құралған қазылар алқасы бағалап, жеңімпаздарды анықтады. Байқау қорытындысы бойынша бірінші орынды Талдықорған қаласынан Искаковтар отбасы, екінші орынды Талғар ауданынан келген Айбахуновтар отбасы, үшінші орынды Текелі қаласынан келген Мұсановтар отбасы иеленді. Айта кетерлігі, бұл байқауға әріптесіміз, газетіміздің Алакөл ауданындағы меншікті тілшісі Алмат Есенбеков те қатысып, көптің ризашылығына бөленді.

Жүлдегерлермен қатар басқа да белсенді қатысушылар облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының дипломымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.



Еңбекшіқазақ ауданында «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы шеңберінде 106 жоба іске асырылуда. Аудан аумағында жаңа мектеп салу, саябақ жаңарту, көшелерді жарықтандыру, жолдарды жөндеу, инженерлік жүйелер төсеу жұмыстарына бюджеттен 11,5 миллиард теңге бөлінді.

ЖЕМІСТІ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Аудандық әкімдік берген мәліметке сүйенсек, аталған мемлекеттік бағдарлама нәтижесінде 3 мың 152 жұмыс орны құрылған. Соның 1 мың 576-сы аудандық Жұмыспен қамту орталығы арқылы тартылған. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін 250 тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

Аталған 106 жобаның 46-сы білім саласының нысаны. Мәселен, мамыр айында Есік қаласында 1500 орынды мектептің құрылысы басталса, Әймен орта мектебіне, И. Саттаров атындағы мектеп жанындағы балабақшаға, О. Жандосов атындағы мектептің шатырына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сол сияқты 42 мектептің нысан ішіндегі әжетханасын жөндеу мәселесі де аталған бағдарлама аясында өз шешімін тапты.

Мәдениет пен спорт саласы бойынша Көлдідегі Мәдениет үйі, Есіктегі аудандық Мәдениет үйі, Қ. Бижанов ауылындағы спорт кешені қайта жаңартылады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында да жүйелі жұмыстар атқарылуда. Ащысай ауылының саябағы мен 5 ауылдың көшесі жарықтандырылса, Қызылшарық ауылындағы электр жүйелері қайта жаңартылып, салынады. Есік топтық су құбыры құрылысының бірінші кезегі де ең ірі нысанның бірі.

Бүгінгі таңда жергілікті маңызы бар автокөлік жолдарындағы құрылыс жұмыстарының басым бөлігі аяқталды. Мұндағы 46 нысанның 27-сінің жұмысы толығымен бітті. Оның 24-і кентішілік жолдар мен тротуарларды ағымдағы жөндеу, 3 нысан орташа жөндеуге жатады. Автокөлік жолдарындағы құрылыс жұмыстарына 1,6 миллиард теңге бөлінген.

Аталмыш бағдарлама аясында облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға Шелек политехникалық колледжін күрделі жөндеу басталған. Сондай-ақ, Шелек ауылындағы аудандық ауруханаға жапсаржай құрылысы жүргізілуде. Сол сияқты Көктөбе ауылында бір ауысымда 50 адамды қабылдайтын дәрігерлік амбулатория салынып жатыр. Барлық нысанда жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарланған.

Динара ТӨЛЕМІСОВА,
Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің баспасөз хатшысы

◆ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

ҚАЗАНДЫҚТАР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Облыста жылыту маусымы басталмас бұрын Қарасай және Талғар аудандарында 1000-нан астам абоненті бар 23 көппәтерлі тұрғын үйлерді орталық жылытуға қосуға мүмкіндік беретін 14 блок-модульді қазандық құрылысы аяқталады.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының берген мәліметіне сүйенсек, Қарасай өңірінде жалпы қуны 983 миллион теңгені құрайтын 3 блок-модульді қазандық (БМҚ) орнатылады. Нәтижесінде, 409 абоненті бар 10 көппәтерлі тұрғын үй орталықтандырылған жылумен жабдықтауға қосылады.

Жоба «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, Талғар ауданында 11 БМҚ құрылысы үшін «Gorizont KZ» ЖШС-мен 850 миллион теңге сомасында инвестициялық келісімшарт жасалды. Ол 632 абоненті бар 13 көппәтерлі тұрғын үйді жылытпақ.

Өткен жылдың соңында Талғар ауданында 129 көппәтерлі тұрғын үйге 21 БМҚ орнатылды. Нәтижесінде, 3857 абонент сапалы жылумен қамтамасыз етілді. Биыл Қаратал, Қарасай, Еңбекшіқазақ және Панфилов аудандарында 33 БМҚ орнату арқылы 108 көппәтерлі тұрғын үйді орталықтандырылған жылытуға қосудың жобалық-сметалық құжаты әзірленуде. 2021 жылы Еңбекшіқазақ, Қарасай, Үйғыр, Көксу және Іле аудандарында 254,3 миллион теңгеге 106 көппәтерлі тұрғын үйді қамтитын 17 БМҚ орнату үшін қосымша жобалық-сметалық құжаттар әзірлеу жоспарлануда.

Талғар ауданына қарасты «Мелиоратор» және «Бозторғай» шағынауданы тұрғындары көпқабатты үйлерді орталықтандырылған жылумен жабдықтауға қосу мәселесін облыс әкімі Амандық Баталовқа жолдаған болатын. Модульдік қазандықтарды орнату жұмыстары облыс әкімінің тапсырмасы бойынша аталған шағынауданда жүйелі түрде атқарылуда. Дәл осы шағынаудан тұрғындары облыстың барлық ауданы мен қаласын біртіндеп қамтитын жұмыс нәтижесін алғашқылардың бірі болып жоғары бағалады.

Облыс әкімі Амандық Баталов атап өткендей, көппәтерлі тұрғын үйлерді орталықтандырылған жылумен жабдықтауға қосу – халықтың өмір сүру деңгейін көтеру үшін атқарылатын жұмыстың бірі. Демек, бұл жұмыс қойылған міндеттерді зор жауапкершілікпен сапалы орындауды талап етеді.

Облыста барлығы 3581 көппәтерлі тұрғын үй бар. Оның 366-сы жеке жылу жүйесіне қосылған. 2018 жылдан бастап бекітілген кестеге сәйкес орталық газбен жылытуға көшіру жұмыстары жүргізілуде.

◆ЖЕТІСУ — АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ

ОНЛАЙН-КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Президент өз Жолдауында алыс ауылдарды интернетпен қамтуды тапсырды. Бұл мәселе Жамбыл ауданында да өзекті күйінде қалып отыр. Аудан әкімдігінің әлеуметтік желідегі парақшасында «Адал көмек» жобасы аясында апта сайын тұрғындармен онлайн-кездесу өткізіледі. Онда маңызды мәселелер айқындалып, оны дер кезінде шешудің жолдары белгіленіп жатады. Осындай кезекті кездесу интернетке қолжетімділік туралы болды.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Бұл ауданның, салыстырмалы түрде алғанда, жерінің көлемі үлкен және ауылдарының арасы бір-бірінен қашық орналасқан. Осыған байланысты интернет желісінің түйткілді тұстары бойынша туындаған сұрақтар аз емес. Аудандағы 33 мыңнан астам оқушының біразының алыс ауылдарда тұратынын ескерсек, бұл мәселенің өзектілігі әсіресе жаңа оқу жылындағы қашықтан оқытуға байланысты өткірлене түседі.

Халықты толғандырған мәселеге орай тікелей эфирде тұрғындармен «Қазақтелеком» АҚ өңірлік дирекциясының Жамбыл аудандық желілік техникалық цехының бастығы Аймұрат Әуелбеков кездесті. Онлайн-тілдесуге алыс елді мекендерден, ауыл сыртында жаңадан бой көтерген шағынаудандардан 83 адам қатысып, жинақтай келгенде 28 сұрақ түсті. Әрбір сұраққа тиянақты жауап берген мекеме басшысы кейбір ауылдардағы интернет жеткіліксіз болуының себебін түсіндіріп, қазіргі таңда ауылдарды 4G стандартына көшіру жұмыстарының жүріп жатқанын жеткізді. Сондай-ақ, Ақсу ауылдық округіндегі 4 ауылдың интернет желісін жақсарту мәселесі бойынша Ақсу ауылдық округінің әкімі Ерлан Ахметовке тапсырма берілді.

Ауданда барлығы 62 мектеп болса, шамамен осыншама елді мекен бар. Биылғы оқу жылында 45 мектептің оқушылары аралас түрде, яғни теледидар мен интернет арқылы білім алады, ал 16 мектептің оқушылары штаттық режимде, яғни мектепте оқуын жалғастырмақ.

Рас, барлық мектеп интернет желісіне қосылған. Алайда ауданда сымды байланысы жоқ, автоматты телефон стансысы орнатылмаған, интернетке әлі қосылмаған ауылдар да бар. Мектебі жоқ мұндай елді мекендердің тұрғындары заманауи байланысқа қашан қол жеткізеді? Осындай мәселелерді шешу үшін бюджеттен қаржы қарастырылып, тиісті жұмыстардың қолға алынатыны сөз болды. Аймұрат Болатұлы тікелей тілдесуге қатыса алмаған, бірақ толғандырған сауалдарын қойғысы келетін басқа да тұрғындар болса, жұмыс күндері телефон арқылы хабарласса, жауап беруге дайын екендігін айтты.

«Жетісу – адалдық алаңы» жобасы бойынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін атқарушы Айбек Жанаев та жуырда тұрғындармен тікелей эфирде кездесті. Сұрақтарына жауап беріп, күз мезгілінде дала өрті мен апаттық жағдайлардың алдын алу қажеттігі туындаса жедел хабарласып, шара қолдану жайында айтты. Сонымен қатар, жыл басынан бері орын алған оқыс оқиғалардың барысын баяндап, кейбір көп кездесетін апаттардың туындау себебіне тоқталды. Тұрғын үйлерге қатысты от пен газ қауіпсіздігі ережелерін түсіндірді. Бұл тілдесуге 68 адам қатысып, 21 сұрақ түсті.

Тұрғындармен дәл осындай кездесуді тамыз айында аудандық білім бөлімінің бастығы Ләйләш Бәкірова өткізіп, қашықтан оқуға байланысты сұрақтарға жауап берген еді. Сондай-ақ, өткен айда аудандағы ең ірі елді мекен – Ұзынағаш селолық округінің әкімі Ескелді Қасымов тұрғындармен тікелей эфирге шықты.

Жамбыл ауданы

◆МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАҒА ҚАРСЫ ТҰРУ

«Нұр жолы» кеден бекетінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен көлеңкелі экономикаға қарсы тұру, декларацияланатын тауарлардың, әсіресе, Қытайдан әкелінетін тауарлардың толық кедендік, декларациялануын қамтамасыз ету, соның ішінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға, тыйым салулар мен шектеулерді сақтауға байланысты кедендік бақылауды күшейту мәселелері бойынша «дөңгелек үстел» үнемі өтіп тұрады.

«Нұр жолы» кеден бекетінің басшысы Ж. Ақмурзин көлеңкелі экономикаға қарсы күрес бүкіл Қазақстан бойынша жүріп жатқандығын атап өтті. Қоғамға көлеңке түсіріп жатқан бұл індетке қарсы тұру мемлекеттік кірістер органдарының ең басты бағыты болып табылады. Кедендік төлемдерден, салықтардан немесе демпингке қарсы, өтем баждарынан босатуға немесе оларды төлеу бойынша міндеттемелерді орындамауға әкеп соқтыратын тауарларды декларациялламағаны немесе дұрыс емес кедендік декларациялағаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 551-бабы бойынша жауапкершілік көзделген.

Бүгінгі күні көлеңкелі экономикаға қарсы тұру мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер комитеті экспорттық-импорттық операциялар кезінде кедендік тексеріп қарау және кедендік құнды бақылауды күшейтуге бағытталған шараларды жүзеге асыруда.

Осыған байланысты 2019 жылғы 24 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік кеден басқармасы арасындағы Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының өткізу пункттері арқылы тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпарат алмасу туралы бекітілген хаттамаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кеден комитеті кедендік шегара арқылы өткізілетін тауарларға ҚХР-ның экспорттық декларацияларында көрсетілген ақпараттармен алмасу үшін бағдарламалық өнімді енгізді.

Бұл ақпарат алмасу тауарларды кедендік рәсімдерге орналастыру кезінде тауарларды кедендік декларациялаудың сенімділігін қамтамасыз ету, кедендік бақылауды жүзеге асыру, жөнелтуші елдің кедендік декларациясының мәліметтерін межелі елдің кедендік декларациясында көрсетілген деректермен салыстыру мақсатында жүзеге асырылады.

Тауарларды кедендік рәсімдеу кезінде ҚХР-дың экспорттық декларациясындағы мәліметтермен және Қазақстан Республикасының кедендік декларацияларындағы мәліметтермен сәйкессіздік болған жағдайда, «Нұр жолы» кеден бекетінде кедендік басқаруды, оның ішінде тексеріп қарауды тағайындап, оны күшейтуді талап етудеміз.

Бұл шара мәлімделген тауарлардың сенімділігіне, оның ішінде зияткерлік меншік құқығын қорғауды бақылауға оң ықпал етті. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады және республикалық бюджетке түсетін кедендік салымдардың мөлшерінің өсуіне оң әсер етеді.

Ерзат БІЛІСБЕК,
облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті «Нұр жолы» кедендік бекетінің бас маманы

PRIMARIES 2020
NUR OTAN ПАРТИЯСЫ ІШІНДЕГІ САЙЛАУ

Жария пікірсайыс өтті

Ел жұртшылығы «Nur Otan» партиясында өтіп жатқан праймериз қамтыған үгіт-насихат жұмыстарымен танысып, партияның жаңа сипаттағы іріктеуіне куә болуда. Осыған орай партияның Талдықорған қалалық филиалына 64 үміткер өтініш білдіріп, өздерінің бағдарламасын көпшілік назарына ұсынып жатыр. Солардың алтауы жария пікірсайыс өткізіп, ұстанған бағыты мен ұстанымын таныстырды. Үміткерлердің үкілеген үмітімен танысқан облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ кейбір мәселелерге сын айтып, саяси додада бақ сынауды көздеген жандардың бағытын түзетті.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Алдымен өздерін таныстырған соң сұрақ-жауап түрінде жалғасқан пікірсайысқа қатысқан облыстық «Jetisy» газетінің тілшісі Қажет Андас еліміз үшін ең басты мәселенің бірі — экология бағытындағы жұмыстарға көпшілік қолдауының, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың жетіспей отырғанын тілге тиек етсе, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті гуманитарлық факультетінің деканы Амангелді Төлемісов облыс орталығында қысқы спорт ойындарын кеңінен дамыту керектігін алға тартты. Одан кейін сөз алған І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми зерттеулер кеңесінің төрағасы Дамир Дигай мен университет психологі Әсем Қалибек жастар мәселесінде кемшін түсіп жатқан тұстарға тоқталды. Атап айтқанда, жастарды баспанамен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту, сыртқа кеткен жастардың Жетісу жеріне қайта оралуына мүмкіндік беру сынды мәселелер айтылса, блогер Дана Оспан Талдықорған қаласында мүгедек балаларға көрсетіліп жатқан қолдаулардың аздығын мәселе ретінде көтерді. Ал, Ушинский атындағы №7 орта мектептің директоры мұғалімдер қауымының басындағы мәселелерді алға тартты. Оның айтуынша, қаладағы мектептерде орыс тілі пәнінің оқытушылары жетіспейді.

Үміткерлерді мұқият тыңдаған облыс әкімі Амандық Баталов саяси дода соңында бірқатар ескертулер айтып, дұрыс бағыттағы жұмыстарға қолдау білдіретінін жеткізді.

— Көптеген мәселелерді көтердіңіздер. Бірақ облыс орталығы Талдықорған қаласында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардан әлі де хабардар емес екендіктеріңізді білдіріп қойдыңыздар. Сол бірден көзге ұрып тұрды, — деген Амандық Ғаббасұлы нақты мәселелерге тоқталды. — Мысалы, көпбалалы аналарға уақытша баспана беру қажет деп есептейсіздер. Қалай сонда? Оны қалай шешеміз? Көтерілген мәселенің шешімін тауып беру сіздердің еншілеріңізде. Сондықтан өзекті тақырыпты көтергеннен кейін оның шешімін де көрсету керек. Сіздердің айтқандарыңызды естіген кейбір кісілер қалалық не облыстық әкімдіктің алдына келіп: «Уақытша тұратын пәтер тауып беріңіздер!» деп талап етсе қайтеміз? Сөйтіп, бір проблемадан тағы бір мәселені туындатып аламыз. Көтеретін мәселелеріңізді әбден ойланып-толғанып, пысықтап барып ортаға салу керек.

Одан бөлек, экологияға, тұрмыстық қалдықтарды үйде іріктеуге, қоқысты жинауға қатысты айтылған ойлар ұнады. Швейцарияға барғанымда осы мәселенің қалай шешімін тауып жатқанын сұрап білгенім бар. Сонда тұрмыстық қалдықты іріктеудің, шығарудың нақты тәртібі бекітілгені анықталды. Сол үшін халықтың санасына қоқысты реттеп, тиісті орынға тастаудың мәдениетін сіңіруіміз қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар қолға алынып жатыр. Алдағы уақытта нәтижесін көреміз.

Сосын еліміздегі негізгі саяси ұйымның бірі «Nur Otan» партиясының мүшесі болғандықтан оның негізгі бағыттарын дұрыс түсіну керек. Партияның ең алдымен халықтың қамын ойлайтынын назарда ұстап, праймериз арқылы қоғам белсенділерінің ұсыныс-тілектерін тыңдауы мемлекет мүддесі үшін екендігі ұмытылмауы тиіс. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында айтылған негізгі бағыттар еліміздің өркендеуі үшін қызмет етеді. Сондықтан сіздер осы жолға түсіп, өз бақтарыңызды праймериз арқылы сынап көруге бет алғанда ниет түзу, жүрек таза, көңіл шынайы болуы керектігін естен шығармаңыздар! Баршаңызға табыс тілей отырып, істеріңіз берекелі болсын деген тілек айтамын.

Саяси доданың кезекті кезеңін осылай өткізген үміткерлер жиын соңында естелік суретке түсіп, бір-біріне жақсы тілек арнады.

◆ ЖИЫН-ТЕРІН

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН қабылдау басталды



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ

Пандемияға байланысты биылғы жыл қанша қиын болғанымен қант қызылшасының алқабы жылдағыдан еселеніп, гектар берекелігі де өсе түсті. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы егін шаруашылығы бөлімінің басшысы Ербол ӘБІШОВТІҢ айтуынша, үстіміздегі жылы аймағымызда қант қызылшасының егіс алаңы 2,1 мың гектарға ұлғайып, жалпы көлемі 16,1 мың гектарға жетті. Облыстағы «Көксу қант зауыты» ЖШС мен «Ақсу қант зауыты» ЖШС 500 мың тоннаға жуық тәтті түбір жинап, 42 мың тоннаға дейін қант өндіруді жоспарлап отыр.

Қажет АНДАС

Аймағымызда алғашқы болып тәтті түбір қабылдауды «Көксу қант зауыты» ЖШС 25 қыркүйектен бастады. Аталмыш шараға Көксу ауданының әкімі Алмас Әділ арнайы қатысып, шаруалардың жыл бойғы жұмысының игілігін көруге ниетті екендігін білдірді. Бұл күні Талдықорған қаласы мен Қаратал, Көксу, Ескелді аудандарының шаруа қожалықтары 400 тоннаға жуық өнімді зауытқа өткізіп үлгерді.

– Өткен жылы зауыт 230 мың тонна қант қызылшасын өңдеп еді. Биыл бұл көрсеткішті 250 мың тоннаға жеткіземіз деп жоспарлап отырмыз. Жаз бойы зауытты қайта жаңғыртып, құрал-жабдықтарын жаңаладық. Қант қызылшасын өңдейтін цех толығымен ағымдағы жылы күрделі жөндеуден өтіп, автоматтандырылған жүйеге ауыстырылды. Сондай-ақ, автокөліктерді өлшейтін аспаптар жаңадан сатып алынып, орналастырылды. Күніне 2,5-2,8 мың тонна қант қызылшасын қабылдап үлгереміз. Қазір зауытта 250 адам жұмыс істеуде, алдағы уақытта 450 адамға дейін көбейеді, – дейді «Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Әділбек Абатов.

Зауыт алаңына бірінші болып Қаратал ауданынан келген «Мейізбаев» және «Ерғожин» шаруа қожалықтарының өнімі енді. Қаратал аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Ғалым Уәлиев аудандағы қант қызылшасының өнімі орта есеппен гектарынан 350 центнерден асып түседі деп отыр.

Кейінгі жылдары Талдықорған қаласы да қант қызылшасын егу, өсіру жұмысында жақсы көрсеткіштерге жетіп жүр.

– 2015 жылы қалада 44 гектар алқапқа қант қызылшасы себіліп еді, биыл 6741 гектарға қант қызылшасы егілді. Бүгін «Аманбаев» шаруа қожалығы 60 тонна қант қызылшасын зауытқа өткізгелі отыр. Қант қызылшасының өнімділігі де орта есеппен гектарына 400 центнерден айналады деп күтілуде. Жалпы, 12 мың тонна қант қызылшасын өткіземіз, – дейді Талдықорған қаласы ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Нұрлан Жамаубаев.

Ескелділіктердің де есебі түгел.

– Аудан бойынша 193 шаруашылық қант қызылшасын егумен айналысады, биыл 3415 гектар жерге тәтті түбір себілген. Өткен жылмен салыстырғанда 515 гектарға ұлғайды. Қазір 20 комбайн, 10 тиегіш машина толығымен жұмыс істеуде, – дейді Ескелді аудандық ауылшаруашылық бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бақыт Оразбеккызы.

Көксулықтардың да қант қызылшасы дақылын егуде көпжылдық тәжірибесі бар. Сондықтан да олар биылғы ауа райының қолайсыздығына қарамастан тынымсыз еңбек етіп, мол өнімге қол жеткізуде.

– Биыл аудандағы 160 шаруа қожалығы 5407 гектар жерге қант қызылшасын екті. Гектар берекелілігі орташа 400 центнерден айналады деп күтілуде. Жалпы зауытқа 84 мың тонна тәтті түбір өткізбекпіз, – дейді Көксу аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Ержан Шалқыбеков.

Қант қызылшасын өткізуге келген шаруа қожалықтары иелерінің де көңілі көтеріңкі. Олардың бірі биылғы ауа райының қолайлы болғанын тілге тиек етсе, енді бірі су тапшылығы салдарынан кейбір қиындықпен бетпе-бет келгенін жасырмады. Бірақ тынымсыз еңбектің арқасында өнімділіктің де ойдағыдай болатынына сенім білдірді. Айта кетерлігі, Ақсу қант зауыты тәтті түбір қабылдауды 29 қыркүйектен бастайды.

◆ БРИФИНГ

Мүгедектікті растау рәсімі жеңілдеді

Журналистер үйінде медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу тәртібі және департамент қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алу тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті.

Онда Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департамент басшысы Зайда Ілімжанова медициналық ұйымдар, толық диагностикалық емдеу және оңалту шараларын жүргізудің заңдылықтары жайлы айтты. Оның айтуынша, мүгедектік белгілеу рәсімінде науқасқа емдеу жүргізген мекеме жауапты. Ем жүргізгеннен кейін төрт ай ішінде дәрігерлік кеңес комиссиясы шешім шығаруы тиіс. Жыл сайын облыстық департаментке 25 мыңнан аса сырқат тіркеуге алынады.

Спикердің айтуынша, ағымдағы жылдың басынан қағидаларға біраз өзгерістер мен толықтыру енгізілген. Мәселен, медициналық-әлеуметтік сараптама мамандарының консультативтік көмегі алынып тасталды. Яғни, емдеуші мекеменің қорытындысы қорытынды шығаруға жарай береді. Он сегіз жасқа толған адамдарға мүгедектік 5 жылға белгіленеді. Мүгедектікті растау рәсімі емделушінің денсаулығы нашарлаған жағдайда ғана емес, жақсарған кезде де жасалады. Сондай-ақ, карантин жағдайында мамандар сырқатқа сырттай куәландыру жүргізеді. Сараптама жүргізушілердің аудиобейне жазбасы 4 айға дейін сақталады.

Биыл 1013 науқас сырттай куәландырылған. Керек жағдайда дәрігерлік қызмет көрсетудің қолжетімділігін арттыру үшін бөлімдер аудан орталықтарында көшпелі отырыс жүргізеді. Мысалы, биылғы бастапқы алты айда аудандарда 129 көшпелі отырыс өткізілген.

Брифингте мәлім болғандай, жаңа қағидалар мүгедектікті анықтауды айтарлықтай жеңілдеткен. Аталған департаментте сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін барлық қадағалау шаралары ұйымдастырылған. Құқықбұзушылыққа жол бермеу үшін техникалық құралдар да жан-жақты пайдаланылады.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

◆ ӨРЛЕУ

«Шарын» ұлттық паркінде экотуризмді дамыту бойынша құрылған қоғамдық кеңестің бірінші отырысы өтті. Кеңес құрамында ғалымдар, саланың сарапшылары, туристік қауымдастық өкілдері, қоғам белсенділері мен экобелсенділер бар.

ЭКОТУРИЗМ ДАМЫТЫЛАДЫ

«Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркін дамыту тұжырымдамасы тамыз айында таныстырылған болатын. Қоғамдық кеңес аталған жобаның жүзеге асуын бақылауға қатысады. Жобада негізінен туристік маршруттар мен соқпақ жолдарды дамытуға күш салынады. Заманауи визит-орталықтар, гэмпинг, кэмпингтер, этноауылдар салынады. Караванингке арналған орын болады. Парк аумағында күрделі құрылыс жүрмейді, нысандар жеңіл жиналатын конструкциялар арқылы тұрғызылады. Осылайша қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтып, сапалы қызмет ұсынатын бірегей туристік өнім жасауға мүмкіндік туады.

Аумақта экотуризмді жеке инвесторларды тарту арқылы дамыту жоспарланып отыр. Мәселен, екі заманауи визит-орталық және этноауыл салынады. Сондай-ақ, төрт жаяу жүргінші маршруты болады. Түнейтін орындар дайындалып, үш көру алаңы қойылады. Бұған қоса, глэмпингтер, кемпинг, караванинг пункттері, қоғамдық тамақтану орындары, кәдесый дүкендері орналастырылады. Қоршаған ортаға түсетін рекреациялық жүктемені азайту үшін қызмет көрсету нысандарының бәрі шатқалдың сыртында салынады.

Жоба Қоғамдық кеңес мүшелерімен талқыланып, қабылданғаннан кейін ғана инвесторлар ашық байқау негізінде тартылады. Алдында ҚР Экология министрлігінде айтылғандай, ұлттық парк жерлері заң бойынша ешқандай жағдайда жекеменшікке берілмейді. Тек белгілі бір аумақтар ғана туризмді дамыту мақсатында уақытша пайдалануға берілуі мүмкін. Алайда инвестор өз міндеттерін орындамаған жағдайда мемлекет кез келген уақытта келісімшартты бұза алады.

А. ЫБЫРАЙ

◆ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Биылғы жылыту маусымына дайындық жұмыстары облыстың барлық аудан, қалаларында жүргізіліп жатыр. Соған орай қажетті отын мөлшері есептеліп, жылу жүйелерін жаңарту қолға алынуда.

ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Облыс орталығына іргелес орналасқан Көксу ауданының орталығы Балпық би кентіндегі «Көксужылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны өңір бойынша табиғи газбен жұмыс істейтін жалғыз мекеме. Осыны ескерген облыстық табиғи монополияларды реттеу департаментінің мамандары кәсіпорындағы дайындық жұмыстарын пысықтап қайтты.

Көксу ауданы әкімінің орынбасары Дәулет Халелов, аудандық тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Айдос Көкетаев, облыстық табиғи монополияларды реттеу департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы Бақтияр Хамзин бастаған топты қарсы алған «Көксужылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас инженері Мұхтар Сәрсенов жасалып жатқан жұмыстарды таныстырды. Оның айтуынша, аудан орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлерді, мемлекеттік маңызы бар нысандарды жылумен қамтамасыз ететін мекеме 2010 жылы пайдалануға беріліп, былтыр табиғи газға қосылған. «Көгілдір отын» болмай қалған жағдайда отты мазутпен жағуға да болады. Оған қажетті 800 тонна мазут дайын тұр. Аудан орталығына 15 қазанда толықтай жылу беру үшін қазір жылу жүйелерін жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр екен.

– Аудан орталығындағы мектептер мен ауруханаларды, әкімшілік ғимараттарын және тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету біздің міндетіміз. Сондықтан қазір дайындық жұмыстары жүргізілуде, – деген «Көксужылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас инженері Мұхтар Сәрсенов дайындықтың пайыздық үлесін салмақтады. – Қыркүйек айының соңына дейін дайындықты 100 пайыз орындаймыз. Қазірдің өзінде 97-98 пайызға дайын тұр. Келер айдың ортасында жылыту маусымын бастауға сақадай сай тұрмыз. Барлығы 40 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отырған кәсіпорында 5 қазандық орнатылған. Олардың қуаты 3-4 гигакалорияға тең жылу береді. Табиғи газ жетіспейтіндей жағдай орнаса мазутпен жылыту жүйесіне оңай ауыстырылады.

Облыстық табиғи монополияларды реттеу департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы Бақтияр Хамзиннің айтуынша, «Көксужылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны үшін бағаны департамент бекітеді. Атап айтқанда, былтырдан бері тұрғындар жылу үшін 2 мың 459,83 теңге төлейді. Бұл сома 1 шаршы метрге шаққанда 78 теңге 74 тиыннан келеді. Ал, заңды тұлғалар ай сайын жылуға 8 мың 813,35 теңге төлеуі тиіс. Бұл есептегіш құралсыз жасалған баға. Егер тұтынушылар үйлеріне немесе мекемелеріне жаңа үлгідегі есептегіш құралдарын қосса бұдан да арзан баға шығады.

М. ӘСЕТҰЛЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ
МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

Мұқтаждың мұңын тыңдады

«Жерде бір жетім жыласа, көкте періште мұңаяды» дейді дана халқымыз. Мұқтаждың басындағы жағдайды сұрап біліп, қажетін өтеу әрбір саналы азаматтың бұлжымас міндеті. Осы қағиданы жақсы білетін мейірімді жандар Жаңашаруа ауылдық орта мектебіне баратын оқушыларға демеушілік көрсетіп, қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер әперді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қолға алынған республикалық «Мектепке жол» акциясына белсене қатысып жүрген Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы, облыстық мәслихат депутаты Жангелді Осан ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген жанның бірі. Аудандағы білім саласының дамуына, оқушылардың қашықтан оқу кезінде білім нәрімен сусындауына қолдау көрсетуден танбаған ол биыл 1-сыныпқа келген 11 бүлдіршінге мектеп құрал-жабдықтарын, көпбалалы, аз қамтылған, толық емес 6 отбасына ноутбук әперіп, COVID-19 індетінің таралуының алдын алуға қажетті дезинфекциялық құрылғыны мектепке сыйға тартты.

Қолындағысын игілікті іске, қайырымдылыққа жұмсап, мұқтаж жандардан көмегін аямайтын Құрманжановтар әулеті де әлеуметтік жағдайы төмен 14 отбасының балаларына 11 дана LENOVO планшетін және 3 дана SAMSUNG планшетін тарту етті. Одан бөлек, Қалижан Алпысбаев, Әділбек Орынбаев, Сәкен Таубалдиев, Нұргүл Сейкумова, Ерлан Рақымжанов, Дәурен Кенжебеков, Мақсат Рысбақов, Серік Әтежанов сынды ауыл азаматтары «Мектепке жол» акциясы аясында ізгілікті іске ұйытқы болып, оқушылардың лайықты білім алуына жәрдемдесіп отыр.

Көмек көрсеткен барлық азаматқа мектеп ұжымы атынан алғыс білдіреміз! Жасаған жақсылықтарыңыздың қарымы еселеп қайтсын дейміз!

Әлия АЗНАБАКИЕВА,
Жаңашаруа орта мектебінің директоры

Еңбекшіқазақ ауданы

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Онда биылғы егін жинау жұмыстарының барысы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері қаралды.

ЕГІН ЖИНАУ АЯҚТАЛУҒА ТАЯДЫ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Аталған тақырып аясында бірқатар лауазымды тұлғалар есеп берді. Алдымен ҚР Ауылшаруашылығы министрі Сапархан Омаровтың баяндамасы тыңдалды. Белгілі болғандай, қазір елде егін жинау жұмыстарының 93 пайыздан астамы орындалған. Барлығы 18 млн. тонна көлемінде астық жиналады деп күтіліп отыр. Егістік алқабының әр гектарынан 12,3 центнерден өнім жиналуда. Жаңа өнімнің экспорттық әлеуеті шамамен 8 миллион тоннаны құрайды.

Асқар Ұзақбайұлы жаһандық үрдіске қарағанда әлемдік нарықта азық-түлікке деген сұраныс пен бағаның өсе беретінін, сол себепті астық өсіру мен одан жасалатын өнімдер экспортының көлемін барынша ұлғайтудың басты міндеттің біріне айналып отырғанын айтты. Осыған байланысты Үкімет басшысы ҚР Ауылшаруашылығы министрлігіне дәнді және бұршақты дақылдарды қайта өңдеу саласын дамытуды, экспорттық әлеуетті арттыру бойынша жол картасын әзірлеуді тапсырды.

Премьер-Министр әкімдіктер мен ҚР Ауылшаруашылығы министрлігіне қысқа мерзім ішінде астық жинау жұмыстарын аяқтап, егіннің сақталуын қамтамасыз ету, астыққа сатып алу бағасын белгілеу және нарық қатысушыларын хабардар ету, форвардтық сатып алу тетігі аясында қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз етуді міндеттеді. Бұған қоса ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, астықты үздіксіз тасымалдау үшін жылжымалы құраммен қамтамасыз ету шараларын қабылдау жүктелді.

Екінші мәселе бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ҚР Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов, «Атамекен» ҰКП төрағасы Абылай Мырзахметов тағы басқалары хабарлама жасады. Биылдың 8 айында ҚР Сауда және интеграция министрлігінің тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне қызметтер мен тауарлардың сапасына қатысты шағымдармен 8 мыңнан аса өтініш түсіп, олар бойынша тұтынушылардың 80 пайызының құқықтары қорғалған. Биылғы маусымда үкіметтік емес ұйымдар мен бизнесті тарта отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біртұтас жүйесін құруға ықпал ететін заңнамалық түзетулер қабылданған.

ҚР Премьер-Министрі тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қазақстандық жүйесі «Тұтынушы – қоғамдық бірлестік – мемлекет» өзара іс-қимыл жасау байланысы нақты құрылған шетелдік озық тәжірибені ескеруі тиіс екенін атап өтті. Бұл ретте азық-түлік саласына, медициналық қызметтерге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, фармацевтикалық тауарларға, сондай-ақ туризмге ерекше назар аударылуы қажет екені назарға алынды.

Үкімет басшысы: «Сапасына кепілдік беруге болатын өнімдерді өндіруге, бақылау мақсатындағы сатып алу тетігін пайдалануға, адал жарнама мен маркетингке бағытталған саясат жүргізу қажет», – деді. Сонымен бірге ол жыл соңына дейін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында қоғамдық ұйымдар бірлестігін құрып, үкіметтік емес ұйымдар базасында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі омбудсмен институтын енгізу мәселесін пысықтауды тапсырды. ҚР Ұлттық экономика, Сауда және Әділет министрліктеріне нормативтік-құқықтық актілер жобаларының тұтынушылардың құқықтарын қорғау тұрғысынан реттеушілік әсеріне талдау жүргізу бойынша міндетті талапты қарастыру жүктелді. Бұған қоса, осы актілерді әзірлеуге қоғамдық кеңестердің құрамында үкіметтік емес ұйымдардың қатысуын қамтамасыз етудің қажет екені айтылды.

ҚР Сауда министрлігіне ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдар мен квазимемлекеттік ұйымдардың тиімділік көрсеткіштеріне (KPI) тұтынушылар тарапынан қанағаттану және сенім деңгейін бағалауды қосу тапсырылды.

Жиын барысында «Атамекен» ҰКП-ға Ерікті іскерлік тәжірибе ережелерінің жиынтығын және тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын ескеретін үлгілік шарттарды қабылдау, сондай-ақ ұсынылатын қызметтер мен тауарлардың сапасын жақсарту үшін бизнесті ынталандыру шараларын пысықтау жүктелді. Үкімет басшысы, сондай-ақ, 1 қарашаға дейін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біртұтас жүйесін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді міндеттеді.

◆МӘСЛИХАТ

ІНДЕТТІҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫНА 7,3 ДАЙЫНДЫҚҚА МЛРД. ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ



Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының онлайн отырысы денсаулық сақтау саласы мен білім жүйесіндегі атқарылуы тиіс шараларды саралауға арналды. Басты байлық – денсаулық. Биыл коронавирус індеті денсаулыққа еш байлықтың теңесе алмайтынын қайтара еске салды. Бір жұтым ауа үшін күрестік. Індет денсаулық сақтау саласын бір ширатып алды.

Гүлжан ТҰРСЫН

Жиында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Өмірзақ Ниязбеков Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының облыста іске асырылу барысы туралы ақпарат берді. Биылғы коронавирус індеті облыс тұрғындарының өміріне қауіп төндірді. Соның ішінде жүкті әйелдер тәуекел топқа жатқызылды. Қанша сақтандырылса да кесел кесірін тигізбей қоймады. Облыс бойынша 10 жүкті әйел індеттің кесірінен көз жұмған. Көбінің бұрыннан да денсаулығында кінәрат болған көрінеді. Денсаулық сақтау басқармасы басшысының айтуынша, әйелдер өз денсаулығына мұқият қарамай, жазылып кетермін деп үйден ем жасайды. Қайтыс болғандардың көбі індет өкпесінің үлкен бөлігін меңдеп кеткенше емханаға бармаған. «Әрбір ана өлімі бойынша осы жағдайларды талқылай отырып, өңірлік штабтар өткізілді, медициналық мекемелердің 6 басшысына және 32 қызметкерге қатаң сөгіс берілді. Білімін және практикалық дағдыларын бағалауға 52 медициналық қызметкер жіберілді», – деді баяндамашы.

Балалар арасында 23 суицид орын алған. Өзіне-өзі қол жұмсаған балалардың 15-і он жеті жасқа толмаған жасөспірімдер. Балалардың жүйкесінің сыр беруіне отбасындағы және қатарластары арасындағы кикілжің әсер еткен. Суицидқа ұшырағандардың біразы толық емес отбасында өскендер. «Бала жүйкесіне ата-ана қамқорлығын сезінбеу де әсер етеді» дегенді айтады мамандар. Бас дәрігердің айтуынша, жол-көлік оқиғасы көбейген. Мысалы, 2018 жылы 2073 жол-көлік оқиғасы орын алса, былтыр 2170 оқиға тіркелген. Соның салдарынан қайтыс болғандар саны 360-тан 470-ке жеткен. Жол-көлік оқиғасы көбінесе республикалық жолдарда болған. Мамандардың айтуынша, жол-көлік оқиғасы жаз айларында суға түсу мерзімінде және қыс кезінде орын алады екен. Сондай-ақ, көлік жүргізу біліктілігінің төмендігі де апаттың негізгі салдарына жатады. Медициналық алғашқы көмекті жандандыру үшін жалпы тәжірибелі дәрігердің жүктемесі төмендетілуде. Олардың саны 543-тен 816-ға дейін артты. Дәрігерлік бөлімшенің жұмысы 1878 адамнан 1717-ге төмендеген.

Облыстың медициналық мекемелерінде барлығы 4 756 дәрігер және 14 961 медбике жұмыс істейді. Дәрігерлермен қамтылу 10 мың адамға шаққанда 23,2-ні, орта буын медициналық қызметкерлермен қамтылу 73,8-ді құрайды. Облыстың денсаулық сақтау мекемелерінде 122 жалпы тәжірибелі дәрігер, 28 акушер-гинеколог, 24 хирург, 13 неонатолог, 18 анестезиолог-реаниматолог, 13 невролог, 8 онколог жетіспейді. Өткен жылы жергілікті бюджет қаржысы есебінен резидентурада оқитын мамандардың оқуын төлеу үшін бюджеттен 18,0 млн. теңге бөлінген. Облыс әкімінің гранты бойынша еліміздің медициналық жоғары оқу орындарының 2-3-курстарында 26 студент оқиды. Денсаулық сақтау басқармасы алыс елді мекендерді дәрігерлермен қамтамасыз ету үшін әрбір адамға 1,0 млн. теңге көлемінде көтерме жәрдемақы беру жайлы өтінім жасалғанын айтты.

Облыстың медициналық мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін жергілікті бюджет қаржысы есебінен «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 15,0 млрд. теңгеге 1 075 бірлік заманауи жоғары технологиялық медициналық құрал-жабдық, 138 бірлік санитарлық автокөлік сатып алынған. Сонымен қатар, 3 компьютерлік томограф, С-доғалы типті 2 рентгенологиялық аппарат, инсульттік орталықтар үшін медициналық құралдар жиынтығы, жылжымалы флюорографиялық кешен, сандық рентгенді диагностикалық кешен, ұрмалы-толқынды литотриптер және лапароскопияға арналған бейне эндоскопиялық құрылғы, ЖИТС орталығына арналған зертханалық құрал-жабдықтар жиынтығы, жаңа туған нәрестелерге арналған медициналық құрал-жабдықтар жиынтығы (жаңа туылған нәрестелерге арналған СИПАП, инкубатор) сатып алынған.

Мәслихат комиссиясының отырысында депутаттар баяндамашыға «Жедел жәрдем» көлігінің жағдайы туралы сұрақ қойды. Әсіресе, коронавирус індеті белең алғанда «Жедел жәрдемнің» тапшылығы білінді емес пе?! Облыста бүгінде 165 «Жедел жәрдем» бригадасы бар. Лизинг бойынша жақын уақытта 105 «Жедел жәрдем» автокөлігінің жеткізілетіні айтылды. Жалпы ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін 180 бірлік автокөлік алынбақ, бұл бригадалар санын 205-ке дейін арттыруға мүмкіндік береді Сондай-ақ, ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін облысқа 12 жылжымалы кешен әкелінетінін баяндамашы қуанышпен жеткізді. Бұрыннан облыста 5 жылжымалы кешен болған. Көпсалалы жылжымалы кешен әр ауданға беріледі. Олар шалғай аудандар мен елді мекендерді аралап, қызмет көрсетеді. Соңғы жылдары медициналық техникамен жарақталу деңгейі облыс бойынша 79%-ға жеткізілген. Жедел инсультпен ауырған пациенттерге көмек көрсету үшін компьютерлік томографпен жабдықталған 6 инсульттік орталық ашылған.

Мәслихаттың онлайн отырысында коронавирустың екінші толқыны бола қалған жағдайда дайын болудың жай-жапсары айтылды. Бұл орайда Өмірзақ Әбілсейітұлы облыс бюджетінен және резервінен коронавирус пандемиясының екінші толқынына дайындыққа қосымша 7,3 млрд. теңге бөлінгенін айтты. Оған 3 компьютерлік томография, өкпені жасанды желдету аппараты, оттегі стансысы, дәрілік заттар, жылжымалы рентген аппараты, цифрлық рентгенологиялық жүйе, оттегі концентраторы, пульсоксиметр, өкпені емдеу үшін виброакустикалық массажер алынған. Депутаттар тарапынан пандемияны емдеу мекемесі мен төсек-орынмен жабдықталу жайы жайлы сұрақ қойылды.

– Пандемияның екінші толқыны бола қалса 5280 төсек дайын. Коронавирустық инфекциямен күресу мақсатында Талдықорған қаласында 200 төсектік, оның ішінде 20 реанимациялық және модульдік инфекциялық ауруханының құрылысы басталды. Ауруханының штаттық саны 452 персоналды құрайтын болады. Оған Талдықорған қаласындағы көпсалалы ауруханының инфекциялық бөлімшесінен 118 қызметкер көшіріледі. Бес дәрігер басқа медициналық ұйымдардан тартылады. Медициналық мекемелерді дәрігер кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан – Ресей медициналық университетімен көп деңгейлі денсаулық сақтау мамандары, интерн, резиденттерді дайындау бойынша оқу орталығын құру туралы меморандум жасалды,– дейді баяндамашы індеттің екінші толқынына дайындық жайын саралап.

Жергілікті бюджеттен қосымша медициналық құрал-жабдықтармен жарақтауға 436,1млн. теңге бөлінген. Сонымен қатар, балалар үшін балалар инфекциялық ауруханаларының базасында екі ковид-орталық жарақталып бітеді.

Екінші толқынға дайындық барысында COVID-орталыққа медициналық құрал-жабдықтар қойылмақ. Бір цифрлық рентген-аппарат, 20 өкпені жасанды желдету аппараты, 12 концентратор, 30 монитор, 8 виброакустикалық аппарат, 130 пульсоксиметр. Болмай-ақ қойсын, бірақ жаман айтпай жақсы жоқ екенін ескеру керектігі осылай баяндалды. Жиында облыстық білім басқармасының басшысы Майгүл Омарова да онлайн оқыту, кәсіптік білім беру, балаларды қауіпті жағдайлардан қамсыздандыру жайымен таныстырды. Кәсіптік мектептің тәлімгерлерін дуальді оқытудың артықшылығы жайында кеңінен айтылды. Ол үшін білім беру шаңырақтары жанынан қосымша шаруашылықтар ашу, шаруа қожалықтарымен келісімшарт жасасу жайы талқыланды.

Жиында денсаулық, білім төңірегінде атқарылуы тиіс өзекті мәселелер қозғалды. Шешу жолдары, бірлесіп атқарылатын шаралар да айтылды. Халық қалаулылары ел көкейіндегі мәселелерге барынша қолдау танытты.

◆ЭКОЛОГИЯ

Талдықорған қаласында пандемияға байланысты көп уақыттан бері болмаған сенбілік өтті. Оған қаладағы басқарма, мекеме қызметкерлері мен ерікті жастар атсалысты.



Сүретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

800 ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Сенбілікте арықтар тазаланып, күл-қоқыс шығарылды, көше бойлары сыпырылып, көрнекі құралдар жаңартылды. Сөйтіп, қаланың күзгі тынысы бір ашылып қалды. Сонымен қатар, күзгі ағаш егу жұмысы қолға алынып, көңіл қуантар игілікті іс атқарылды.

Айта кетерлігі, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Талдықорғанды бақ қалаға айналдыруға бағытталған кешенді жоба қабылданған еді. Содан бері жыл сайын көктем және күз айларында көшет егіліп, қаланы жасылдандырудың игілікті жұмыстары жалғасып келеді.

Биылғы күздің алғашқы ағаш егу жұмысын Талдықорған қалалық әкімдігі қолға алды. Бұл күнгі ағаш егу жұмысына қала әкімі Ғалымжан Әбдірайымов бастаған әкімдік ұжымы толық жұмылдырылды.

– Қазіргі жоспар бойынша қалада қазанның 10-на дейін көшет отырғызу науқаны жалғасады. Қазір 5 мың түп ағаш көшеті жеткізілген. Сонымен қатар, тағы да 5 мың түп көшетке сұраныс берілді. Жалпы, жоспардағыдай болса, биыл 10 мың түпке жуық ағаш отырғызбақпыз, – деді қала әкімі.

Сенбіліктің алғашқы күні қаламыздың Қаратал өзені жағалауы және Жансүгіров көшесінің бойы, тағы да басқа жерлерге 800-ге жуық ағаш отырғызылды. Олардың дені – жайқалып тұратын сәмбі талдар, мәңгі жасыл, діңі берік, тез өсетін көшеттер. Демек, біраз жылда жас шыбықтар бой түзеп, қаланың сәнін асырып, тұрғындардың саясына айналатын болады.

Қ. ОМАРАҚЫН

◆МӘСЕЛЕ

ҚИРАҒАН ҚҰРЫЛЫС ҚАЛПЫНА КЕЛЕДІ

Әлеуметтік желідегі осы аптаның басты тақырыбы Шонжыдағы дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы болды. Жыл соңында пайдалануға беріледі деп қуанған халықтың көңілі бір күн ішінде су сепкендей басылды. Бәрін толғандырған сұрақ біреу – жалпы құны 1 млрд. 171 млн. теңге болатын нысан неге қирады?

Еңлік ҚАБДЕШ

Құрылыс жұмыстарына облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасы жауапты. Сондықтан, аталмыш мекемемен байланыс орнаттық. Облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасы коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Аят Сәбитов қираған құрылысқа қатысты қандай да бір пікір білдіре алмайтынын айтты.

– Басқарма басшысының орынбасары бастаған жауапты тұлғалардан құрылған комиссия Үйғыр ауданына аттанды. Әзірге нысан осының нәтижесінде құлады деп пікір білдіре алмаймыз. Комиссиялық топ кешенді қарап, шешім шығарады. Сараптама жасалатын болса, оны 45 күн күту қажет. Қорытындысы қашан дайын болатыны белгісіз. Шыдамдылық танытуларыңызды сұраймыз. Қазіргі уақытта Шонжы ауылында құрылыс нысаны тексерістен өтуде,– деді ол.

Осы мәселеге байланысты облыс әкімінің баспасөз қызметі аймақ басшысы Амандық Баталовтың тапсырмасымен арнайы жұмыс комиссиясы құрылғанын, олар спорттық-сауықтыру кешені бір бөлігінің құлау себептерін анықтап жатқанын мәлімдеді. Комиссияға облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов төрағалық етеді. Комиссия құрамында облыстық құрылыс басқармасы, төтенше жағдайлар департаменті, мемлекеттік сәулет-құрылысты бақылау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, техникалық қадағалау, «Лидер-НК» ЖШС өкілдері бар. Комиссия мүшелері құрылыс нысанының құлау себептерін анықтау және осындай жағдайларды одан әрі болдырмау мақсатында жұмыс жүргізеді.

Шонжы ауылындағы қираған құрылысқа байланысты облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов жауапты тұлғалардың қатысуымен жиын өткізді. Жиналыс барысында жобалаушы мен мердігер компания өкілдерінің сөзі тыңдалды. Жобалаушы «Жезқазғанпроект» өкілінің сөзіне қарағанда, жоба бойынша бағанның өлшемі 45х45 болуы тиіс. Мердігер компания 40х40 етіп салған. Өз кезегінде «Лидер-НК» құрылыс компаниясы өлшем кезінде қателікке бой алдырғанын мойындады. Дегенмен де, металл конструкциясы дұрыс жобаланбағаны да сөз болды.

Тараптарды тыңдаған Лаззат Махатұлы Қазақ құрылыс-сәулет ғылыми зерттеу институтының тексеріс нәтижесі мен шешіміне сәйкес жұмыс жасауды тапсырды. Сондай-ақ, кешенді мердігер компания өз қаржысына қайта салып, жыл аяғына дейін өткізуі қажет. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына жобалаушы, техникалық бақылау, жоба авторы мен мердігер компанияға қатысты шара қолдану жүктелді.

Үйғыр ауданының тұрғыны, «Ұрпақ парызы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Жәнет Керімқұлов: «Өз көзіммен көру үшін оқиға болған жердің жанынан өттім. Не үшін құлағаны белгісіз, білмеймін де. Көктем айларында құрылыс жұмысы қарқын ала бастады. Оны көрген көпшілік қуанған едік. Енді, міне, осындай жағдай болды. Бір қабырғасы ғана емес, сайттарда жарияланған суреттегідей толық құлаған. Темір тұрмақ, қазақ үйді құлататындай да жел болған жоқ. Құрылысы аяқталған соң желтоқсан айында болатын Шонжының құйынды желіне тап болсақ, қайтер едік? Ғимаратпен қоса ішіндегі адамдардың барлығы бақылық болар ма еді... Қайта Құдай сақтаған», – деді.

Бұл – өз көзімен көрген аудан белсендісінің пікірі.

Қанша тырысқанымызбен жауаптыны табу қиын екені белгілі. Кінә шынымен де нысанды салып жатқан Марат Қуанышбаев басшылық ететін «Лидер НК» құрылыс компаниясының қателігінен бе, әлде құрылыс материалдарының сапасыздығынан ба? Ол жағы белгісіз. Оны облыстан құрылған комиссия тағы да анықтай жатар.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisu

№125
(18833)

Сейсенбі,
3 қараша,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆ ЖАЙДАРМАН



"ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ" КӨЛІКТЕРІ БЕРІЛДІ

● Талдықорған қаласының орталық алаңында денсаулық сақтау ұйымдарына «Жедел жәрдем» көліктерінің кілті тапсырылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысты.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында: «Ұлттық денсаулық сақтау саласын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар барлық медициналық мекемелерін қажетті құрал-жабдықтармен толық жарақтандыруға, науқастарға арналған орындар қорын 50 пайызға жаңартуға, ескірген инфрақұрылымды ауыстыруға, өмір ұзақтығын болжамды 75 жасқа дейін жеткізуге мүмкіндік береді», – деп халықтың денсаулығын нығайтуды негізгі міндет ретінде атап көрсеткен еді. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай облыс орталығында жаңа 200 орынды инфекциялық аурухана бой көтеріп, заман талабына сай медициналық құралдармен жабдықталды. Халық денсаулығын нығайту мақсатында медицина саласына 305 жас маман жұмысқа тартылды. Жыл соңына дейін тағы 64 маман жұмысқа қабылданбақ. Ақ халатты мамандарды тұрақтандыру мақсатында биыл облыста 127 пәтер сатып алынды. Келер жылы облыс орталығында медицина қызметкерлеріне арналған 60 пәтерлі тұрғын үй бой көтереді деп жоспарлануда.

Денсаулық саласы қызметкерлеріне медициналық көліктің кілтін облыс әкімі Амандық Баталов салтанатты жағдайда табыстап, пандемия кезінде қажыр-қайратын аямай қызмет еткен дәрігерлерге ризашылығын білдірді.

– Халық – мемлекеттің басты байлығы. Сол себепті біз бірінші кезекте елдің амандығын ойлауымыз керек. Індет елге енгелі біршама ауыр жағдайды бастан кешірдік. Бірінші толқында кемшілік те орын алды. Енді ондай олқылыққа орын бермеуіміз керек. Пандемиямен күреске жергілікті бюджеттен 13,8 миллиард теңге бөлінді. Оның 8,8 миллиард теңгесі екінші толқынның дайындық жұмысына жұмсалды. Аталған қаражатқа 3 компьютерлік томография, 18 рентген аппараты, 150 өкпені жасанды желдету аппараты алынды. Сонымен қатар, облыстың 13 ауруханасы оттегі стансыларымен және 1070 оттегі концентраторымен қамтылды. Жалпы, екінші толқынға 5 мың 280 төсек-орын дайындалды. 180 «Жедел жәрдем» көлігі мен 12 жылжымалы медициналық кешен сатып алынды. Нәтижесінде, «Жедел жәрдем» бригадаларының саны 165-тен 205-ке көбейді. Енді халыққа тек сапалы қызмет көрсетуіміз керек. Ең бастысы – халық медицина мамандарының айтқан кеңесіне құлақ түріп, барлық сақтық шараларын орындаса болғаны. Жақындарымызға жанашыр болып, тәртіпке бағынып жүруді ұмытпайық. Жауапкершілікті әрбір адам сезінсе деймін. Өйткені, адам өмірінен артық ештеңе жоқ. Сондықтан, осындай сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жұдырықтай жұмылып, індетпен бірге күресуге тиіс, – деген облыс басшысы аудан, қала ауруханаларының директорларына «Жедел жәрдем» көліктерінің кілтін табыс етті.

Бұл көліктер заман талабына сай арнайы техникалармен жабдықталған. Көлікте қосымша реанимациялық бағыттағы, яғни, инсульт алғандарға, жүрек талмасына шалдыққандарға жылдам көмек көрсету үшін арнайы медициналық құрал-жабдықтың барлық түрі орнатылған. Диагностикалық медициналық кешен ішінде науқастарды қабылдау бөлмесі, рентген, ультрадыбыстық зерттеу жасайтын түрлі заманауи құралдар, акушер-гинеколог мамандардың жеке кабинеті, арнайы зертхана, радиациялық диагностика, жалпы дәрігерлердің тәжірибе алмасу аймағы орналасқан. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандус-лифт та қарастырылған.

Облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек стансысының аға фельдшері Шолпан Нұрғалиева жаңа «Жедел жәрдем» көлігінде орналасқан құрылғылармен таныстырды. Оның айтуынша, барлық медициналық құрылғы Германия мемлекетінде шығарылған. Бірінші медициналық көмекке қажетті озық технологиялырмен жабдықталған. Ең бастысы, барлық «Жедел жәрдем» көлігінде өкпені жасанды желдету аппараты орналастырылған.

Салтанатты шара соңынан облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек стансысының басшысы Савелий Пак Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа, облыс әкімі Амандық Баталовқа медицна қызметкерлерінің атынан алғыс айтып, халықтың амандығы жолында талмай еңбек ететіндігін жеткізді. Кербұлақ аудандық аналар кеңесінің төрайымы Ғалия Ақбасова да ақ халатты абзал жандардың жұмысына табыс тілеп, аналық алғыс айтты.


Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

◆ МӘСЕЛЕ

● Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Талдықорған қаласындағы аулаларды абаттандыру кезінде кеткен кемшіліктерді сынға алып, ретке келтіру үшін мүмкіндік пен уақыт берді. Тұрғындардың шағымынан соң аймақ басшысы Қабанбай батыр мен Гагарин көшелерінің қиылысындағы тұрғын үй аулаларына арнайы барып, жасалып жатқан жұмыстармен танысты.


Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Тұрғын үй аулалары талапқа сай ма?

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Мұнда атқарылған жұмыс облыс әкімінің көңілінен шықпады. Құрылыс жүргізген «Асыл-Тау» ЖШС-ға, Талдықорған қаласы әкімдігі мен қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне айтылған сынға қатысты тапсырма жүктеген Амандық Ғаббасұлы алаңдарды жеке-жеке тексеріп, әрқайсынан кемшілік тапты.

Айталық, «Жалға Талдықорған» жеке пәтер иелерінің кооперативіне қарасты екі ауладағы ойын алаңдары еш қажеттілігі жоқ темірмен қоршалған. Темір қоршаудың ұзындағы 510 метрді құрайды. Облыс әкімі балалар ойнайтын жердегі басы артық темір қоршауды мал қамайтын қораға ұқсатты. Жіберілген кемшілікті тез арада түзеуді тапсырды. Басы артық шығынға ұрынбау қажеттігін алға тартқан Амандық Ғаббасұлы қала басшылығына сын айтып, 100 миллон теңге бөлінген ауланы сапалы әрі әдемі етіп көркейтуге болатынын жеткізді. Тез арада комиссия құрып, бастан-аяқ тексеріс жүргізуге пәрмен берді.

Аталмыш аулаларды абаттандыру туралы ұсыныс Талдықорған қаласы әкімінің есебінде айтылған. Облыс әкімі Амандық Баталов тапсырма беріп, қомақты қаржы бөлінді. Көктемде басталған аула құрылысы әу бастан тұрғындардың көңілінен шықпай, осында тұратын Сабыр Мақажанов есімді журналист бейнешағым жолдайды. Осыдан соң тексеруге келген аймақ басшысы шағымның орынды екеніне көз жеткізді.

– Осы жылы аулаға деп тек Талдықорған қаласы үшін 1,5 миллиард теңге ақша бөлдік. Мұндай жағдай қашан болып еді?! Былтыр жергілікті бюджеттен 1 миллиард 22,5 миллион теңге қаралды. Халық рахмет айтатындай әдемі қылып жасауға болады ғой. Тасжол да дұрыс төселмеген. Үстінен тағы бір жұқа қабат жабын төселуі керек еді. Мына салған жол бір жылдан кейін быт-шыты шығады. Шұңқырға жиналған суды қара, тіпті, шомылуға болады, – деген Амандық Ғаббасұлы кедір-бұдыр жолдың да дұрыс жасалмағанына налыды.

Аталған кемшіліктер бір ай мерзімде жойылатынына уәде берген Талдықорған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы Мадияр Нұрахметов:

– Бұл өзі дауы көп аула. Аталған жоба, құрылыс-монтаждау жұмыстары ағымдағы жылдың 15 сәуір күні аяқталуы керек болған. Мердігер компания «Асыл-Тау» ЖШС уақытында өткізбегендіктен Талдықорған қалалық ТҮКШ ауданаралық экономикалық сотына талап-арызбен жүгінген, – деді.

Айта кетейік, Талдықорған қаласы бойынша бас-аяғы 53 аула күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Аулаларды абаттандыруға кейінгі бес жылда бөлінген қаржы бес есеге ұлғайған. Облыс әкімі шаһар басшысы Ғалымжан Әбдірайымовқа аулаларды апта сайын аралауды тапсырды. Ал нәтижесін көру үшін қараша айының соңы мен желтоқсанның басында Амандық Ғаббасұлы өзі қайтадан тексеретінін айтты. Кеткен кемшілік қалпына келмеген жағдайда шағым прокуратура мен қаржы органдарының құзырына жөнелтілетін болып шешілді.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Нұртас Тынышбайұлы Қиялбеков** облыстық ветеринария басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Нұртас Тынышбайұлы ҚИЯЛБЕКОВ



1976 жылы туған. Семей мемлекеттік университетін ветеринарлық-санитарлық дәрігер мамандығы бойынша бітірген.

Алғашқы еңбек жолын Ақсу ауданында Қызылағаш жылқы зауытының №4 бөлімшесінің санитарлық фельдшері болып бастаған. Әр жылдарда «Ақсу ветсервис» ЖШС Қызылағаш учаскесінің ветеринарлық дәрігері, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Талдықорған қалалық аумақтық басқармасы ветеринариялық қадағалау бөлімінің жетекші маманы, бас маманы, бөлім бастығы, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясының ветеринария бөлімінің бастығы, инспекция бастығының орынбасары, аталған комитеттің Текелі қалалық аумақтық инспекциясының бастығы, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясының бөлім басшысы, Талдықорған қаласының ветеринария бөлімінің басшысы болды.

2018 жылдың мамырынан – Алматы облысының ветеринария басқармасы басшысының орынбасары.

◆ КӘСІПКЕРЛІК

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЕНГІЗІЛДІ

Қазақстанда аккумуляторлық батареяларды өндіру бойынша жаңа технология іске қосылды. Алматы облысында "Қайнар-АКБ" зауытында аккумулятор батареяларын шығаратын жаңа желі салтанатты түрде іске қосылды. Жоба "Қайнар-АКБ" және халықаралық жасыл технологиялар орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында жүзеге асты.

Қажет АНДАС


Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Іске қосылған технология өндірістің өнімділігін арттырып, жұмыс қарқынын тездетеді, сонымен бірге, өнім сапасын көтеріп, ескі батареяларды пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтеді. Аталған технологияның көмегімен аккумулятор корпустарының жаңа үлгілері толығымен қайталама шикізаттан жасалатын болады. Ол итальяндық "ИНЖИТЕК" өндірісінің жаңа заманауи желісінде қайта өңделеді. Электролит өндірістік тазарту құрылғысының көмегімен толық бейтараптанады.

Жаңа технологиялық желі экологиялық талаптарды орындай отырып, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға мүмкіндік береді. Өйткені, желі тұтастай жергілікті тазарту сүзгілерімен толық жабдықталған. Сонымен қатар, жаңа желінің іске қосылуы өндіріс қуатын жылына 3,7 миллион аккумуляторлық батареяға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта зауыт жылына 2.5 миллион дана аккумулятор батареясын шығарады.

Осы ретте қайта өңдеу кәсіпорындарының бірін жаңғырту «ӨКМ (өндірушілерге кеңейтілген міндеттемелер) операторы» ЖШС қаржылық қолдауының арқасында жүзеге асып отыр. Аталған ұйым жыл сайын жарамсыз аккумуляторларды қайта өңдеп, керекке жарату, ортаны ластамау бағытында жыл сайын ірі кәсіпорындарға қаржылық қолдау танытып келеді. Осы жоба аясында «ӨКМ (өндірушілерге кеңейтілген міндеттемелер) операторы» ЖШС 2016-2020 жылдар аралығында «Қайнар-АКБ» зауытына 4 миллиард теңгеден астам қаржы бөлді. "Қайнар-АКБ" зауыты пайдаланылған аккумуляторларды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін оператордан өтемақы төлемдерін алады.

Осындай игілікті жұмыстардың нәтижесінде «Қайнар-АКБ» өндірген өнімді өткізу ауқымын кеңейтіп, Біріккен Араб Әмірліктері мен Италия нарығына шықты. Олар алдағы уақытта Қытай және Еуропа нарығын игеру үшін өнімнің сатылу мөлшерін 3.7 миллион данаға дейін ұлғайтып, стартерлік және стационарлық батареялардың жаңа түрін жасап шығаруды жоспарлап отыр.

◆СЕЛЕКТОР

ІНДЕТ ӨРШІП ТҰР

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен онлайн режимде селекторлық жиын өтті. Оған аймақ басшысы Амандық БАТАЛОВ қатысты. Жиында коронавирус індетінің екінші толқынына дайындық мәселесі қозғалды.

Айдар ҚАЛИЕВ

Селектор барысында Асқар Ұзақбайұлы:

– Еліміздің қай өңірін алып қарасақ та індет өршіп тұр. Осыған орай, кеселдің алдын алу мақсатында жиын өткізуді жөн көрдік. Барлық өңірде коронавирустың алдын алу шаралары бойынша қарқынды жұмыс атқарылуы керек. Медициналық құрылғыларды толықтай алып, «Жедел жәрдем» көлігімен қамтамасыз ету мәселесін қарап, жиі мониторинг жасау қажет, – деді.

Осыдан кейін Денсаулық сақтау министрі А. Цой коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындықты қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шараларды таныстырды. Сондай-ақ, өңірлерде атқарылып жатқан шараларды, әлем елдеріндегі жағдай жайлы ақпар берді. Сонымен қатар, жиын барысында әр аймақ басшылары атқарылған жұмыстарды тарқатты.

Үкімет отырысынан кейін Амандық Ғаббасұлы облыста кеселдің алдын алу жұмыстары қарқынды жүріп жатқанын айтып, халық денсаулығы бірінші кезекте тұрғандығын, эпидахуалды жіті қадағалау қажеттігін алға тартты. «Жағдай ушығатын болса, алдын алып, сауда үйлерін қайтадан жапқан жөн. Сақтық шараларын қолданбаған жандарға жазаны күшейту керек. Індеттің алдын алу – басты міндетіміз», – деген облыс әкімі орынбасарлары мен жауапты мамандарға арнайы тапсырма берді.

◆ЖӘРМЕҢКЕ

ӨНДІРУШІГЕ ДЕ, ТҰТЫНУШЫҒА ДА ТИІМДІ



Суретті түсірген Ғалымжан Ғалымов

Талдықорғанда көптен күткен жәрмеңке өтті. Жәрмеңкеге облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ арнайы келіп, сөрелерді аралап, жұртпен жүздесіп, игілікті іске табыс пен сәттілік тіледі.

Қажет АНДАС

– Осындай қиын-қыстау жағдайда тұрғындардың талабын ескеру басты міндетіміз. Жәрмеңкеге жеткізілген тауарлардың сапасы жақсы, бағасының да қолжетімді екендігі көрініп тұр. Жан-жақтан ағылып келіп жатқан тұтынушылардың да қарасы көп. Осы ретте бұл жәрмеңкені ұйымдастырған облыстық ауылшаруашылығы басқармасы, аудан, қала әкімдіктеріне ризашылық білдіремін. Әрі алдағы уақытта да жоспарлы түрде өткізуді ұсынамын. Өйткені, өндірушіге де, тұтынушыға да тиімді шара қолдау тапқаны жөн, – деді Амандық ҒАББАСҰЛЫ.

Десе де, Қадырғали Жалайыр көшесінің бойындағы жәрмеңке өткен аумақтың тарлығы аймақ басшысының көңілінен шықпады. Алдағы уақытта жәрмеңкені Д. Қонаев көшесінің бойындағы тынысы кең жерге орналастыруды тапсырды. Өйткені, жәрмеңкеге өнімдерін шығарған сатушылар мен келушілерге қойылған басты талап – санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталуы.

Жәрмеңкеге келгендерді облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің мамандары қорғаныш құралдарын, яғни, бетперде тағу, қолғап кию, санитайзердің болуын және әлеуметтік арақашықтықтың сақталуын қадағалап отырды. Еріктілер тегін бетперде таратып жүрді.

Осындай жақсы дайындықпен өткен күзгі жәрмеңкеге облыстың 17 ауданы мен 3 қаласынан және «Жетісу» ӘКК-ден жалпы салмағы 259,5 тоннаны құрайтын 50-ден астам ауылшаруашылық өнімі жеткізіліп, нарықтағы бағадан 15 пайызға арзан сатылды. Атап айтсақ, жәрмеңкеде 41,7 тонна ет, 21 тонна сүт, 5,4 тонна балық өнімдері, 77,7 тонна көкөніс, 16,1 тонна жеміс-жидек, 33,5 тонна картоп, 69,3 тонна өзге де ауылшар- уашылық өнімі саудаланды.

– Биылғы жағдайда өнімін сата алмай қиналып қалған шаруаларға ауылшаруашылық жәрмеңкелері көп қолдау болды. Нұр-Сұлтан қаласында Алматы облысының ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтіп, 400 тоннадан астам өнім жеткізіліп, 360 миллион теңгенің өнімі сатылды. Алматы қаласында өткен ауылшаруашылық өнімдері жәрмеңкесіне 270 тонна өнім жеткізіліп, 160 миллион теңгенің өнімі саудаланды. Бүгін облыс орталығындағы жәрмеңкеде 260 мың тоннаны құрайтын 50-ден аса өнім саудалануда. Жәрмеңке алдағы уақытта да өтеді, – деді облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Мақсұт Жапаров.

Қала тұрғындарының айтуынша, маусымдық жәрмеңкелерді өткізу – жақсы үрдіс, әсіресе, азық-түлік түрлерінің көптігі және олардың төменгі бағада сатылып жатқандығы тұрғындардың көңілінен шығады.

– Бүгінгі ауылшаруашылық өнімдері жәрмеңкесі көңілімнен шықты. Өнімдер экологиялық таза болғандығымен қызықтырды. Оның үстіне, бағасы да базардағы бағадан әлдеқайда арзан. Бұл қала тұрғындары үшін көп көмек болып тұр, – дейді Талдықорған қаласының тұрғыны Әтіргүл Көшебайқызы.

Жәрмеңкенің басты мақсаты – шаһар тұрғындарына табиғи әрі сапалы өнім түрлерін төмен бағада ұсыну және ауылшаруашылығы тауар өндірушілері мен шаруаларды қолдау. Аталмыш жәрмеңке осы мақсат үдесінен шықты деп айта аламыз. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша келесі сенбі күні де ауылшаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі Талдықорған қаласында өтетін болды.

◆«ЖАС МАМАН»

Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық колледжінде «Жас маман» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Аспаз» біліктілігі бойынша Worldskills құзыреттілік орталығы ашылды. Шараға Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам ӘЛИ, облыстық білім басқармасының басшысы Майгүл Омарова, іргелес аудандардағы колледждердің директорлары мен оқытушылары, шеберлер қатысты.



Worldskills орталығы ашылды

Ұлбосын ИСАБЕК

Құзыреттілік орталығының ашылу салтанатында 2019-2020 жылдары халықаралық көрмеде таныстырылған, Қазақстанға алғаш жеткізілген аспаздық жабдықтардың тұсаукесері өткізілді. Озық үлгідегі заманауи жабдықтың түрлері мен мүмкіндіктерін «Экобер» компаниясының бас аспазы Әлішер Пірназаров таныстырды.

Ол өз сөзінде заманауи жабдықтардың әлі күнге дейін Еуропа елдерінде қолданысқа берілмегендігін, Қазақстанда алғаш рет осы колледждің базасындағы құзыреттілік орталығына орналастырылғанын айрықша атап өтті. «Жас маман» жобасы аясында қаржыландырылып отырған жабдықтың жалпы құны 348 320 000 теңгені құрайды. Бұл құзыреттілік орталығы «Аспаз ісі» біліктілігі бойынша Worldskills ұлттық чемпионатын өткізуге мүмкіндік беруде.

– «Жас маман» жобасын жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен биылға облыстағы 5 колледжге 1,6 миллиард теңге қаражат бөлінді. Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжіне 350 миллион теңге бөлінген болатын, өте сапалы игерілді, – деді облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли. – Швецияның лицензиясымен Италияда жасалған заманауи аспаздық техника алынып, орнатылды. Өте керемет техника. 100 адамды 1 сағаттың ішінде бес түрлі тағаммен қамтамасыз ете алатындығымен ерекшеленеді. Бұған қоса, осы техниканың толық қуаттылығын қолданатын болса, бір күнде 7 мың адамға аспаздық қызмет көрсетуге қауқарлы екендігін бас аспаз айтты. «Жас маман» бағдарламасы республиканың қолдауымен келер жылы да жалғасатын болады. Алдағы жылғы жоспарда 6 колледж тұр. Оларға республикалық бюджеттен 2 миллиардқа жуық қаржы жоспарланып отыр. Әрине, бұл, ең біріншіден, жас мамандарымыздың халықаралық деңгейде өсіп, қалыптасуына өте үлкен үлесін тигізетін болады. Келесі жылы Шанхайда әлем біріншілігі болады. Оған осы колледждің үздіктері қатысады деп күтілуде. Біздің бұл колледж халықаралық Worldskills ұйымымен тығыз байланыста және облыстың ғана емес, республиканың бірден-бір мақтанышы саналады. Себебі, колледждің талантты тәлімгерлері жылда халықаралық байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлері атанып, ел мерейін асыруда.

Рустам Әлиұлы шара аясында колледждің құзыреттілік орталығының ашылуына қатысушыларды құттықтап, шәкірттерге жаңа белестерді бағындыруда сәттілік тіледі.

– Оқу орнымыздың жетістігі – сапаға баса көңіл бөлуімізде деп ойлаймын. Студент бітіргеннен кейін өмірдегі өз орнын тауып, қоғаммен қатар жеке басына пайдасы тиетін азамат болып қалыптасуы міндетті. Сондықтан, бүгінгі күнге халықаралық деңгейде жоғары орындарға қол жеткізіп жатырмыз. Колледжден 5 әлем чемпионы дайындалды. Аспаз бойынша ұлттық чемпионатта жеңімпаз болдық. ТМД елдері арасындағы байқауда алтын медаль иеленсек, енді алдағы жылы Шанхайда өтетін халықаралық байқауға дайындалудамыз. Соған сай сапалы білім берумен қатар жақсы маман иесі болуға баулып жатырмыз, – дейді аталған колледждің директоры, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Болат Еркенов.

Ең бастысы, экологиялық табиғи таза тағаммен қамтамасыз етуді діттеген оқу орнының қарамағында мал бордақылау алаңының құрылысы салынған. Сонымен қатар, жалға жер алып, онда картоп пен көкөніс түрлері өсірілетіндігін атай кетті. Өнімді сақтайтын арнайы қойма да бар. Мұның барлығы колледж студенттерінің жанжақты дамуына, сондай-ақ, тұтынушыны таза табиғи тағаммен қамтамасыз етуге ықпалы тигізетіндігін тілге тиек етті.

Жаңадан ашылған құзыреттілік орталығы аталған оқу орнында халық- аралық деңгейдегі сапалы, білікті мамандардың, аспаздардың даярланып шығуына кепілдік бермек. Бұған колледждің 3-курс студенттері, бесаспап аспаз атанған Диас Асылбек пен Әли Ермек те ерекше қуанышты екендіктерін бөлісті.

– Менің тігіншілікті меңгеруіме әкемнің әсері зор болды. Ол кісі қара жұмыстан гөрі тігін тігіп, елге қызмет етудің өз-өзімізді асыраудың тура жолы екендігін санамызға сіңірді. Қазір осы мамандықты меңгергенімізге еш өкпеміз жоқ, қайта шеберлігім шыңдалып, атақты сәнгер ер-азаматтардың қатарына қосылуға күш салып келемін, – дейді бізге ағынан жарылған тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу факультетінің 3-курс студенті Сәбит Тәжіков. Мұнда Сәбиттің сыңары Сәбира да осы мамандық бойынша білім алып, кәсіби тігінші болуға бел буған.

Халықаралық байқаулардан бағы жанып жүрген жас мамандарды оқытып-тәрбиелеудің озық үлгісін көрсете білген колледждің іргесінен алдағы 2021 жылы заманауи қонақүй үлгісіндегі жатақхана салынатындығын құлағдар еткен Болат Есмұратұлы мұндай жағымды жаңалықтардың жалғаса беретіндігін айрықша атап айтты.

Алматы

◆ӨҢІР ДАМУЫ







Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ЖАЗИРАЛЫ ӨҢІРДЕГІ ЖАҚСЫ ІСТЕР

Эпидемия жағдайында өңірдің әлеуметтік, экономикалық дамуын айғақтайтын өндіріс нысандарының қызметімен Панфилов ауданының әкімі Талғат Өмірәлиев көшпелі баспасөз туры барысында таныстырды.

Көшпелі тур Көктал ауылдық округіндегі «Көктал-Агро» ЖШС-нен бастау алды. Кәсіпорын соңғы екі жылдан бері жобалап, 2,5 миллиард теңге инвестиция жұмсап, құрылысы басталып, үстіміздегі жылы бастапқы кезеңі аяқтала сала іске кірісті. Жалпы 1150 сиырға арналған сауын фермасы толық пайдалануға берілгенде облысымызда сүт және сүт өнімдерін ұқсататын ірі кәсіпорындардың бірі болмақ.

Жалпы аумағы 28 гектар жерді алып жатқан тауарлы-сүт ферма жұмысымен ауыл әкімі Бақыт Нұрелов пен «Көктал-Агро» ЖШС төрағасы Жәнібек Оқанов таныстырды. Мұнда бүгінгі күні Австриядан әкелінген швед тұқымды 600-ге жуық сүт бағытындағы ірі қара бағылуда. Соның бұзаулаған 160-сы күн сайын үш мәрте сауылып, әрқайсысынан орта есеппен 22 литрден сапалы сүт алынып, облыс орталығындағы сүт өңдейтін зауытқа 3,5 тонна өнім жөнелтіледі.

Фермаға неміс технологиясымен жасалған сүт сауатын түрік қондырғысы орнатылған. Жабық нысан ішіндегі жартылай роботтандырылған, сегіз қанат үй аумағындай жерді алып тұрған сүт сауатын шеңбер қондырғыда 36 сауын аппараты бар. Әрқайсысының құлағындағы арнаулы құрылғы арқылы сиырлар сауынға келгенде компьютер арқылы шақырылып, бірқалыпты айналып тұрған шеңберге енеді де сауыншылар сауын аппараттарын таққан соң сауыла бастайды. Сауылып болған жануарлар арнайы дәліз арқылы қораға жіберіледі. Осындай әдіспен айналасы бірер сағатта барлық сиырлар сауыны аяқталады. Мұнда үш кезекте жалпы 9 сауыншы және үш бұзау бағатын бақташы жұмыс істейді. Фермаға жемшөп қорын кәсіпорын өзі дайындайды. Биыл 300 гектар жерге жоңышқа егіп, оны жаңбырлатып суару әдісі арқылы бес мәрте орып алған. Бұдан тыс 700 гектардан астам жерге өсірілген жүгері дәнінен мол жем және сабағынан 3280 тонна сүрлем әзірленіпті. Жақында Австриядан швед тұқымды тағы 190 сүтті сиыр әкелінбек.

Келесі кезекте тілшілер Жаркент қаласындағы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан Еңбекші орта мектебінің ауласына табан тіреп, құрылыстың барысымен танысты. Бұл мектеп 1991 жылы пайдалануға берілген. 1176 орынды мектепте бүгінгі таңда 870 бала білім алады. Соңғы жылдары оның іргетасы отырып, спорт залының қабырғалары қақырап, мектеп үйін қыс маусымында жылыту қиынға соғып жүрген. Күрделі жөндеу жұмыстарын «Нұр-Шапағат Құрылыс» ЖШС қолға алып, қазір 95 пайыз жұмысты еңсеріпті. Құрылыс учаскесінің басшысы Айдын Жайшыбековтың айтуынша, негізгі жұмыстар тиянақты атқарылып, енді құрылысшылар мектеп үйінің айналасын көріктендіру ісімен шұғылдануда.

– Ғимараттың іші-сыртына демонтаж жұмыстары жүргізілді. Шатыры түгелге дерлік жаңартылып, жылу жүйесі ауыстырылды. Ауызсу және кәріз жүйесі жасалды. Қабырғалар толық сыланып, едендері жаңартылды, – дейді мектеп директоры Ғалымжан Рысбеков құрылысшылардың ісіне риза көңілмен.

Қазір жазиралы Жаркент өңірінде жүгері жинау науқаны аяқталып келеді. Жаркент қаласындағы «Крахмал-сірне» зауыты диқандардың маңдай терімен өскен өнімдерін тоқтаусыз қабылдауда. Жылдағыдан жүгері қабылдау бағасы да жоғары, өткен жылы жүгері дәнінің келісін егіншілер 60 теңгеден өткізсе, биыл зауыт «дала аруын» дәнінің ылғалдылығына қарай келісін 78-80 теңгеден қабылдауда. Жалпы 150 мың тонна жүгері дәнін жинақтауды мақсат еткен кәсіпорын бүгінгі күні жергілікті жүгерішілерден 75 мың тонна дән сатып алыпты. Тағы 45 мың тонна жүгері дәнін жергілікті диқандардан алу жоспарланған. Қалған 30 мың тоннаға жуық жүгері дәні көршілес Үйғыр, Еңбекшіқазақ және Іле аудандарынан күтілуде. Жергілікті халықтың мазасын алған зауыттан тарайтын жағымсыз иіс жыры да шешілген сыңайлы.

Аудан әкімі Талғат Әбенұлы мен зауыттың атқарушы директоры Велиям Халықов журналистерді бірден су тазарту құрылғысына бастады. Жасанды бассейндегі лай суды бұрқыратып тоқтаусыз тазартып тұрған қондырғылар Түркиядан 3 миллион АҚШ долларына сатып алынып орнатылыпты. Мұнда өндірістен шыққан қалдық лас су 95 пайыз биологиялық тазартудан өтіп, өндіріске қайта пайдаланылады екен. Мұны бассейн жанында тазарған судың сапасын тұрақты тексеріп отыратын сарапхана қызметшілері тілшілерге көзбе-көз көрсетіп, түсіндірді.

– «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша мемлекеттен 800 миллион теңге алып, Жаркент қаласының да ертеректе жасалып, тозығы жеткен қалдық су тазарту жүйесін елді мекеннен 13 шақырым жыраққа апарып жаңадан жасадық. Енді жағымсыз иіс қолқаны қаппайтын болады, – дейді аудан әкімі Талғат Әбенұлы.

Тілшілер сапар барысында Пенжім ауылына келіп, округ орталығында салынып жатқан, күніне 50 адам қабылдайтын жаңа дәрігерлік амбулатория құрылысымен де танысты. Алдағы қараша айында пайдалануға берілетін дәрігерлік амбулатория құрылысы қарқынды жүргізілуде. Ауыл әкімі Ерлан Оспанбеков пен дәрігерлік амбулаторияның бас мейірбикесі Нұржан Селижова осы құрылыс алаңында жүр. «Жаңа дәрігерлік амбулатория үйінің пайдалануға берілуін тағатсыздана күтудеміз. Жаңа ғимаратқа орын тепсек жұмысымыз жеңілдеп, жаңа заманауи құрал-жабдықтарға да қол жетер еді, мамандар қатары да көбейе түсуі мүмкін», – дейді үмітін үкілеп жүрген бас мейірбике Нұржан Селижова.

Осы округке қарасты Нұркент ауылындағы әрқайсысы 60 пәтерден тұратын екі үй құрылысы да тамамдалуға таяу екен. Мұндағы іс-қимыл барысын аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Бауыржан Нұрманов таныстырды. Негізінен 1 және 2 бөлмелі пәтерлерден тұратын бұл үйлер ауданда баспана кезегінде тұрған жас мамандар мен шағын отбасыларға берілмекші. Алла жазса, алдағы қараша айында өңірдегі 120 отбасы қоныстойын тойлайды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы



ӘЛ-ФАРАБИ:

Қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да игілігін көріп, рахатына бөленуді мақсат тұтқан жөн. Әсіре көп не кем еңбек ету күшке күш қоспайды, қайта қалжырата түседі.



АБАЙ:

Елді билеуден адамның өзін-өзі билеуі қиын. Жағдайы келгенде бақ көтеріп, таққа отыру бола береді. Бірақ соның буымен өзін-өзі ұстай алмай, абыройын ашатындар көп.



Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Jetisý

№ 128
(18836)
Сенбі, 14 қараша, 2020 жыл

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru



ОТАН – ОРТАҚ ШАҢЫРАҚ

Елордада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті–Елбасының төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысы өтті. Кеңесте өзге елге көшіп кетіп жатқан қазақстандықтарға қатысты мәселе де сөз болды. Бұл туралы Елбасының ресми сайты мәлімдеді.

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылу тарихы мен қалыптасу процесіне тоқталды.

– Ширек ғасырда Ассамблея консультативтік-кеңесші органнан Парламентте өкілдігі бар жалпыұлттық институтқа айналды. Ол азаматтық қоғамға тән әмбебап құрылымның озық үлгісін көрсете білді. Достық, бейбітшілік, тыныштық пен сенім қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналуына маңызды үлес қосты, – деді Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы.

Елбасы Қазақстанда тиісті заңдар қабылданғанын, соған сәйкес этносаралық және конфессияаралық келісімге нұқсан келтіретін кез келген әрекет Конституцияға қайшы келетінін атап өтті. Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысында қол жеткізілген нәтижелерге тоқталды. Мемлекеттік тілдің біріктіруші рөлі Қазақстандағы барлық этнос тарапынан қолдау тапқанын, коронавирус індеті кезінде Ассамблея өкілдерінің халыққа қолдау көрсету бағытында атқарған жұмысын, ел бірлігін нығайту жолындағы негізгі міндеттерді егжей-тегжейлі баяндады. Бұдан бөлек, Үкімет тарапынан елдің тұрақты экономикалық дамуына, азаматтардың әлеуметтік жағдайын және жалпы елдің әл-ауқатын арттыруға бағытталған дағдарысқа қарсы шаралар қабылданғанын әңгімеледі.

–Кәсіпкерлікті қолдау және экономикалық дамудың елімізде қабылданған мемлекеттік бағдарламалары бізге миллиондаған қазақстандықтарды тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бүгінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауын іске асыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл Жолдау ел өмірінің барлық саласындағы реформалардың ауқымды бағдарламасы іспеттес, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Этносаралық қатынастарда жаңа, инклюзивті саясатқа деген сұраныс барын айтқан Елбасы қоғамды біріктіру үдерістерін тереңдетуге бағытталған іс-шаралар әзірлеудің маңыздылығына тоқталды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті қазақ тілінің біріктіруші факторға айналғанын, ел бірлігін одан әрі нығайту үшін қазақ тілінің әлеуеті зор екенін, елдегі ұлтаралық ынтымақтастықты нығайту үшін қазақ халқының тарихи рөлі мен жауапкершілігін сөз етті.

– Қазақ халқы мемлекет құраушы ұлт деп нық сеніммен айта аламыз. Халқымыздың басым бөлігі – қазақ. Сонымен бірге, өзімізді, ұлттық намысымыз бен қадір-қасиетімізді және тіліміздің құрметтей отырып, еліміздің дамуына үлесін қосып жатқан басқа да отандастарымызға құрметпен қарауымыз керек. Қазақстанның және оның барлық азаматтарының мықты және тартымды болашағының бейнесін тек бірлесе қалыптастыруға болады, – деді Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы. Сондай-ақ, Елбасы барлық этнос өкілдерін ел өміріне белсене атсалысуға шақырды.

– Халықтың үштен бірі – түрлі этнос өкілдері. Қазақстанның жетістіктеріне қосқан олардың үлесі баршаға аян және біз осы әлеуетті одан әрі арттыруға тиіспіз. Әсіресе, бұл этникалық топтар бір аумақта шоғырланған жерлерге қатысты. Бір жағынан, онда осы этностардың дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтау және дамыту үшін тиісті жағдай жасалған. Ал, екінші жағынан, осы негізде біз мәдени, лингвистикалық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ашық, оқшауланбаған қоғамдастықтарға қолдау көрсетуіміз керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Басқосуда Елбасы Ассамблеяның ақпараттық-идеологиялық жұмысында жастар арасындағы толеранттылықты күшейтуге және ксенофобияға қарсы күреске ерекше мән беру керектігін атап өтті.

– Ассамблея елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің ортақ тілегі мен ұмтылысының арқасында құрылды. Ассамблея – бүкіл халқымыз бірлесіп көтерген ортақ бір шаңырақ. Бәріміз оны қастерлеуіміз керек. Біздің интеграциялық моделіміз – әрі қарай өмір сүріп, дами беретін әлеуметтік-мәдени, өркениетті тіреміз, – деді Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы.

Кеңес отырысында Тұңғыш Президент өзге елге көшіп жатқандарға қатысты пікір білдірді. Ондай хабарды естіген сәтте уайымға салынатынын айтты.

– Біреудің Қазақстаннан басқа елге көшкенін естіген сәттерде мені уайым басады. Көшудің қажеті қанша? Олар барған жердегіден де жақсы жағдайды өз елімізде жасай аламыз. Сол үшін жергілікті әкімдер өте мұқият болуы тиіс. Неге көрші елдің жоғары оқу орындарына кетіп жатыр? Ендеше, біздің жоғары оқу орындарын олардыкінен жақсы ету керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Кеңес отырысында Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының жаңа орынбасарлары таныстырылды. Жаңа қызметке Алматы облысындағы Үйғыр мәдени орталығының төрағасы Зәкіржан Кузиев пен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Kazakh TV» телеарнасының директоры Мая Бекбаева тағайындалды.

◆ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

КЕШЕНДІ ЖОСПАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында облыс аумағын жоспарлаудың кешенді қалақұрылыстық сызбасы, ерекше қалақұрылыстық реттеу аймағындағы облыс аумағын жоспарлаудың кешенді қалақұрылыстық сызбасы, ерекше қалақұрылыстық реттеу аймағындағы 10 қалақұрылыстық торабының нақты жоспарлау жобасы, «Гейт Сити» серіктес қаласының «Қоянқұс» тұрғын ауданының эскиздік жобасын қарастыру сияқты ірі жобалардың таныстырылымы өтті. Оған облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып, аталған жобалардың әрбірін жан-жақты тексеріп, олардың ел экономикасын өрлетуге, өңір тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық тұрмысын жақсартуға қолайлы тұстарын көріп шықты.



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Қажет АНДАС

Жобамен таныстырған облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасы өкілдерінің айтуынша, облыс аумақтарының қалақұрылысын жоспарлаудың кешенді сызбасы бүгінгі күннің талабы мен келешекте атқарылуға тиісті жоспарлармен үйлесімді етіп жоспарланған. Кешенді сызбада 17 аудан, 3 қала, оларға қарасты 731 ауыл, 246 ауылдық округтің шегарасы толық көрсетілген. Сондай-ақ, 2045 жылға дейінгі мерзімге жоспарланған кешенді сызбада облыс аумағындағы әлеуметтік-экономикалық, өндірістік-шаруашылық, табиғи-климаттық жағдай, халық санының 2050 жылға дейінгі көбеюіне дейін толық ескерілген.

Айта кетерлігі, аймағымыз Алматы қаласымен шектесіп жатқандықтан республикалық маңызы бар қала іргелес аудандар мен ауылдардың қала құрылысына, әлеуметтік-экономикалық және аумақтық дамуына әсер етпей қоймайды. Сондықтан облыстың кешенді жоспарында қала маңындағы елді мекендердің инфрақұрылымы осы талаптарға бейімделген. Ал басқа өңірлердің ауылшаруашылық, көлік жолдары, тұрғын үй кешендері, спорт комплекстері, туризм, тағы басқа да қалақұрылыс жобасы жергілікті жердің жағдайына үйлестірілген.

Басқа саланы айтпағанның өзінде биыл облысымызда автокөлік жолдарын жөндеу, жаңарту, қайта салу бағытында өте ауқымды жобалар атқарылуда. Айталық, Алматы – Өскемен автожолы аясында Талдықорған қаласынан Үшаралға дейінгі жолды кеңейту және жаңадан салу жұмысы жүзеге асырылуда, облыстық бюджет есебінен облыстық маңызы бар жолдар жөнделуде. Мысалы, Талдықорғаннан Лепсіге дейінгі 160 шақырым жолды осыған жатқызуға болады. Жол салынған соң Балқаш көлінің шомылу аймағының инфрақұрылымын реттеудің кешенді жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, Үшарал – Достық автожолы келесі жылы толық аяқталады. Ол Алакөлге баратын туристерге көптеген жеңілдік әкеледі. Облыс аумағын жоспарлаудың кешенді сызбасымен танысқан аймақ басшысы атқарылған жұмысқа көңілі толатынын жеткізді.

Облыс басшысының назарын аударған тағы бір жоба «Гейт Сити» серіктес қаласының «Қоянқұс» тұрғын ауданының эскиздік жобасы еді. Оның орындалу барысы туралы облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы Тәңірберген Дәркенбаев:

– Бүгінде «Гейт Сити» серіктес қаласының жобасы аясында «Қоянқұс» тұрғын ауданының жобасы ұсынылып отыр. Бұл жерге оннан астам көпқабатты тұрғын үй, мектеп, балабақша және әлеуметтік нысандар салынады. Оның жұмысы алдағы желтоқсан айында ресми басталады. Жоба уақыты үш жылға жоспарланған, – деді.

Ағымдағы жылы облыстың сәулет және қалақұрылысы басқармасының тапсырысы бойынша Қарасай ауданы аумағының қалақұрылысы құжаттамасы әзірленіп, Іле және Талғар аудандарының Үлкен Алматы айналма автомобиль жолына дейінгі бас жоспары дайындалған. Сондай-ақ, жалпы ауданы 8117,5 гектар қала құрылысын ерекше реттеу аймағындағы 10 қала құрылысы тораптарының жобасын әзірлеу жұмысы да аяқталыпты. Жалпы, Алматы қаласының шегарасына іргелес жатқан аумақтың қалақұрылысын реттеу аймағы 35,6 мың гектарды құрап, 30 елді мекенді қамтып жатыр. Осы тұста ерекше қалақұрылыстық реттеу аймағындағы 10 қалақұрылыстық торабының жобасын дайындау барысында аймақтарға бөлуге, сәулет келбетін қалыптастыруға, инженерлік және көлік инфрақұрылымының жобалық бағытына баса назар аударылған. Тіпті, Алматы қаласына жақын қоныстанған тұрғындардың әлеуметтік-мәдени тұрмысын жақсартуға да көңіл бөлінген. Аймақ басшысы бұл жобалардың да сапалы істелгенін атап кетті.

Жоба-жоспарлармен танысып шыққаннан кейін аймақ басшысы шараға қатысқан сала мамандармен кездесу өткізіп, өз пікірін білдірді. Жалпы, істелген жұмысқа ризашылығын білдіріп, алдағы міндеттерді айқындап берді. Сондай-ақ, облыстық басқарма басшыларына бірінші кезекте қолға алынатын жобалардың ретін көрсетіп, оған қажетті қаржы мәселесіне көмектесетінін және қолдайтынын жеткізді.

◆ӨРЛЕУ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ өткізген жиында Балқаш көлінің жағасын және тау туризмін дамыту жоспарлары мен шешімін күткен мәселелер талқыланды. Жиында сөйлеген Сарқан ауданының әкімі Талғат ҚАЙНАРБЕКОВ аталған ауданды дамытудың басты бағыттарының бірі – туризм екенін айтты.



БАЛҚАШ ЖАҒАЛАУЫ ДАМИДЫ

Туризмнің өзінде екі басымдық бар, оның бірі – Балқаш көлі болса, екіншісі – тау туризмі. Балқаш көлінің жағалауын дамытудың бас жоспары 2013 жылы жасалған. Қазір 115 млн. теңгеге Балқаш көлі жағалауының инженерлік-коммуникациялық жүйелерінің құрылысы жобасының жобалық-сметалық құжаттары дайындалуда. Оған 2019 жылы 47,8 млн. теңге бөлінді, ал 2020 жылы 67,2 млн. теңге қарастырылған. Бүгінге дейін соның 37,4 млн. теңгесі игерілді.

Жиында құжат жобасына сәйкес көл жағалауына инженерлік инфрақұрылымдар жүргізу, электр желісін тарту, жол салу мәселелері сөз болды. Мәселен, жобаға сәйкес 15 шақырым автокөлік жолын төсеу, 50 шақырым су құбыры жүйесін салу, 40 шақырым кәріз жүйесін жүргізу, 55 шақырым электр желілерін тарту жоспарланған. Жобалаушы мекеме тарапынан электр желісін Тентек, Көктерек, Лепсі қосалқы стансылары арқылы тарту ұсынылған. Амандық Ғаббасұлы бұл жұмысты екі кезеңге бөліп, алғашқы кезеңін ең жақын орналасқан Лепсі қосалқы стансысы арқылы тарту қажеттігін айтты. Сол сияқты жағалауға апаратын жолдармен қатар радиалды жолдар салуды да қарастыруды тапсырды.

Сонымен қатар тау туризміне инвесторлардың қызығушылығын арттыру үшін жол жөндеу жұмысына облыс әкімі қолдау білдіретінін айтты. Аудан әкіміне құрылыс жұмыстарына қатысты барлық есеп-қисапты анықтап әкелуді тапсырды.

– Балқаштың жағалауын дамыту бойынша көрнекті презентация дайындаңдар. Балқашқа қатысты арнайы бизнес-форум өткізу керек. Туристік аймақ ретінде Балқашты бәрі біледі. Бірақ біз оны инфрақұрылымы тартылған, жағдайы жасалған көл жағалауы ретінде бизнесмендерге таныстыруымыз керек, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Айта кетейік, облыста Алакөл жағалауын дамыту бағытында да елеулі жұмыстар атқарылып, жағалаудағы кәріз тазарту жүйесінің құрылысына, Ақши ауылын сумен жабдықтау жүйесіне, көлді қоршайтын бөгет жасауға, «Қабанбай-Көктұма» автомобиль жолын орташа жөндеуге бюджеттен қаржы қарастырылған болатын. Сол сияқты тау туризмін дамытуда «Ой-Қарағай», «Апорт», «Ақтас», «Ақбұлақ», тау шаңғы курорттарын кеңейту, «Түрген» тау шаңғы курорты мен «Park Canyon» туристік ойын-сауық кешенін салу инвестициялық жобалары қолға алынуда.

Тартылатын инвестиция көлемі 300 млрд. теңге көлемінде болмақ. Соның 70 пайызы – жеке инвестиция, бұл 5 мыңға жуық жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. 2019 жылы жергілікті бюджет есебінен Талғар локациясындағы туристік нысандар үшін инженерлік инфрақұрылымдарды жобалау басталды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

2 бет — БАС КОНСУЛМЕН КЕЗДЕСТІ

5 бет — КӨПТІҢ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН

6 бет — КЕЗЕКТЕН ТЫС

БАСПАСӨЗ — 2021

Әр мақаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы — өзіміздің «Jetisýga» жазылайық!



Баспасөзге жазылу бойынша сұрақтарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
8 (728) 2 40 20 69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.



ӘЛ-ФАРАБИ:

Әсіре көп не кем еңбек ету күшке-күш қоспайды, қайта қалжырата түседі.



АБАЙ:

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар.



Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 131
(18839)
Сенбі,
21 қараша,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ


Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz | Jetisugazeti | Jetisu2002@mail.ru

◆ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ

НАРЫНҚОЛДЫ ҚУАНТҚАН ҚОНЫСТОЙЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Райымбек ауданына жұмыс сапарымен барды. Өңірде аз уақыт ішінде аудандық әкімдіктің ғимаратынан бастап бірнеше нысан күрделі жөндеуден өтіп, жиырма тұрғын үй пайдалануға берілді.



Қанат БІРЖАНСАЛ

Ауданға арнайы барған аймақ басшысы Амандық Ғаббасұлы алдымен Нарынқол ауылының тау жағынан салынып, құрылыс жұмысы толығымен аяқталған 33 үйдің кілтін салтанатты түрде тапсырды.

– Ауданға бір жылдың өзінде 18 миллиард теңге қаражат бөлінді. Бір ауданға мұндай қомақты қаржы бұрын-соңды бөлінген емес-ті. Екі жылдың ішінде көптеген жұмыс атқарылып, игілікті істер жүзеге асты. Нарынқол ауылы ғана емес, осы өңірдегі ауылдардың да жағдайлары жақсарып келеді. Биылдың өзінде 3 мектеп, 2 дәрігерлік шаңырақ күрделі жөндеуден өткізілді. Жаңадан екі дәрігерлік амбулатория салынып, пайдалануға берілді. Жолдар, ауызсу ретке келтірілуде. Нарынқол ауылында спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілу үстінде, – деген Амандық Ғаббасұлы экономикалық бағыттағы атқарылған жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ, ол ауылшаруашылығы саласына да баса көңіл бөлініп жатқандығын жеткізді. Бұл туралы:

– Қажетті қаражат бөлініп, Нидерландыдан картоптың супер элиталық сортын алдырттық. Шаруашылыққа қажетті трактор, техникалармен қамтамасыз еттік. Екі сервистік орталық аштық. Соның нәтижесінде ауданда картоп өсірудің жайы жақсарды. Картоптың әр гектарынан 300 центнерден өнім алынды. Биылдың өзінде 6 мың гектар жерге картоп отырғызылды, – дей келе ауданда алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

Келесі жылы аудан орталығынан заманауи емхана құрылысы басталады деп жоспарлануда. Оның жобасы да дайын екен. Сонымен қатар, аудандық ауруханаға ғимаратына күрделі жөндеу жұмысы жүргізіледі. Одан бөлек, 2021 жылы шілде айында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына орай аудан орталығында ақынның ескерткіші орнатылады.

Қоныстой қуанышында Нарынқол ауылының ақсақалы Медетхан Абиров, жаңадан үйлі болған аудандық спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы Талғат Ақылов, аудандық орталық ауруханаға дәрігері Құралай Бурабаева сөз алып, облыс басшылығына алғыс айтты. Заманауи, сәнді де сәулетті, барлық жағдайы жасалған 3 бөлмелі тұрғын үйлер ауылдағы көпбалалы отбасыларға берілді. Бұл орайда Эльмира Байбек, Жұлдыз Шакенова секілді қоныс қуанышына ие болған көпбалалы аналарды айтуға болады. Сонымен қатар, облыс басшысы Амандық Баталов баспаналы болған аудандық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Жалғас Сүлейменов және аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Талғат Малтақбаевтың үйіне кіріп, ізгі тілегін білдіріп, теледидар сыйға тартты.

Жалпы Нарынқол ауылында 1, 2-кезең бойынша 83 тұрғын үй салынып жатыр. Соның алғашқы кезеңіндегі 33 үй ел игілігіне берілді. Тұрғын үйдің құрылысын «Фуд МС» ЖШС-нің құрылысшылары уақытылы әрі сапалы аяқтап, табыстады.

Бұдан кейін облыс әкімі спорттық-сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарын көрді. Құрылыс барысымен «Фуд МС» ЖШС-нің директоры С. Құсайынов таныстырды. Алдағы уақытта спорт кешенінің ашылуына келетінін айтып, тиісті ескертулерін жасады. Ауыл спортын дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, ауыл тұрғындарының, әсіресе, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға арналған спорт кешенінің құрылысына 1 миллиард теңге қаражат бөлінген. Қазіргі таңда нысан құрылысы 60 пайызға аяқталған. Спорт кешенінде шағын футбол, баскетбол, волейбол алаңдары, күрес, бокс, гандбол сынды спорт түрлерімен айналысатын жарық та жайлы бөлмелер қарастырылған. Күн сайын екі жүзге тарта адам спорттың кез келген түрімен айналысатын болады. Шынығу залы да бар. Киім ауыстыратын 4 бөлмесі, 32 адамға арналған асханасы да қарастырылған.


Ауданға іссапар аясында Амандық Ғаббасұлының қатысуымен азаматтарға арналған үкімет ғимаратының салтанатты ашылу рәсімі болды. Ол ізгі тілегін білдіріп, барлық қажетті жағдай жасалған халыққа қызмет көрсету орталығының ел мен жерге тигізер шапағаты аз болмайтынын алға тартты. Орталықта жұмыс істейтін жас мамандарды жеке-жеке сөзге тартып, жағдайларын білді. Құтты болсын айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі. Екі қабатты, айшықты заманауи ғимараттың құрылыс жұмыстарына «Керуен сервис» ЖШС жауапты болды. Ғимараттың 1-қабатында аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының, аудандық полиция бөлімінің көші-қон қызметінің арнайы тобының, аудандық мұрағаттың қызметкерлері жұмыс істейтін болады. Жоғарғы қабатына әлеуметтік қамсыздандыру, жер кадастры бөлімінің мамандары орналасады. Мұнда 72 адамға арналған мәжіліс залы бар.

Салтанатты шаралар легін аудандық прокуратураның екі қабатты ғимаратының пайдалануға берілуі жалғастырды. Ғимарат туралы Райымбек ауданының прокуроры Шәміл Құтелов айтып берді. Одан кейін прокуратура ғимаратының жанындағы ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті аудандық бөлімшесінің күрделі жөндеуден өткізіліп, толықтай бітіп қалған ғимарат жайымен танысты. Ғимарат жанынан салынып, құрылыс жұмысы 99 пайызға аяқталған Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті аудандық бөлімшесі қызметкерлеріне арналған 4 қызметтік тұрғын үйді көрді.

Сапар соңынан А. Баталов аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудандық мәслихат депутаттарымен, ауылдардағы ақсақалдар алқасының төрағаларымен, серіктестіктердің, кооперативтердің жетекшілерімен жүздесті. Облыстың үстіміздегі жылғы әлеуметтік және экономикалық жағдайы, даму көрсеткіштері туралы әңгімеледі. Батыр баба атындағы ауданның көшін бастап, жұмыстың ауырын көтеріп жүрген азаматтарға, өңір тұрғындарына бар жақсылықты тіледі. Жалпы, тапсырмасына сәйкес ауданда атқарылып, жүргізіліп жатқан игілікті шаруалар үшін аудан әкімі Нұржан Құдайбергеновтің атына жылы лебізін де білдірді. Жиналыста аудандық аналар кеңесінің төрайымы Балжан Омарова, Сарыбастау ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Мақсат Әшімбаев сөз алып, аудан тұрғындары атынан облыс әкіміне, Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың, Елбасымыз Н. Назарбаевтың атына жылы лебіздерін білдіріп, жүрекжарды алғыстарын айтты.

Райымбек ауданы





Суреттерді түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

◆СЕЛЕКТОР

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен өткен селекторлық жиында ішкі туризмді дамыту мәселесі талқыланды. Оған аймақ басшысы Амандық БАТАЛОВ қатысты.

ІШКІ ТУРИЗМ ДАМИДЫ

Айдар ҚАЛИЕВ

Жиында әуелі 2-3 жыл ішінде Алматы тау кластерінде жүзеге асырылатын жобалар мен инвесторлардың ұсынысы қаралды. Мамандардың айтуынша, алдағы бірнеше жылда инвесторлардың көмегімен еліміздегі туризмді дамытуға 50 млрд. теңге жұмсалады. Желтоқсан айында Іле Алатауында туристік орталық ашылады. Онда инвесторлардың көмегімен 10 млрд. теңге жұмсалады деп көзделіп отыр. Ал инвесторлар келесі жылдан бастап жұмысқа кірісуге дайын. Олар тек жол мәселесі жөнделсе деген ұсыныс білдірген. Бұл мәселе бойынша облыс әкімі Шеңгелдіден туристік орталыққа дейінгі жолдың жөнделуіне көмек көрсететіндігін айтты. Ал Көлсайдағы туризмді жандандыруға инвесторлар 5 млрд. теңге қаржы құюға дайын. Олар Көлсай мен Қайыңдыдан бөлек Сатыдағы туризмді дамытуды көздеп отыр.

Жиын барысында Шымбұлақ, Шонжы, Алакөл көлі, Алтынемел, Шарын өңірлеріндегі туризмді дамыту жұмыстары кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, облыс тарапынан атқарылатын Қайыңды көліне дамбы тұрғызу, полигон салу сияқты өзекті мәселелер де айтылды. Инвесторлардың алдағы уақытта атқаратын жұмыстары мен жоспарлары қаралды.

Соңында аймақ басшысы: «Шалқыған көлі, асқақ тауы, ну орманы, шалқар даласы мен салқар құмы араласқан Жетісу өңірінің табиғаты адамды баурап алады. Киелі мекен туризмді дамытуға қолайлы өңір болғандықтан көтерілген мәселенің барлығы біздің облысқа қатысты. Сондықтан біз тарихи, көрікті жерлеріміздің көптігін тиімді пайдаланып, туризмді дамытатын нысандарға әлеуетті инвесторлар тарта білуіміз керек. Инвесторлар жаппай ішкі туризмді дамытуға көшті. Қаншама қаржы бөліп жатыр. Сондықтан көтерілген мәселелер бойынша әр нысанда қандай жұмыстар атқарылатынын қадағалаңдар», – деп жауапты мамандарға Алтынемел жолы, Кеген ауданындағы полигон, Қайыңдыдағы дамбы жұмысына жіті көңіл бөлу керектігін тапсырды. Сонымен қатар, инвесторлардың барлығын шақырып, алдағы жұмыстарымен танысу керектігін айтты.

– Бәріңізге белгілі, аймағымыздың экономикасы жыл сайын дамып келеді. 2001 жылғы облыс бюджеті 27 млрд. теңге болса, бүгінде 760 млрд. теңгеден асты. Бұл еңбектің нәтижесі. Оның игілігін облыс тұрғындары көріп отыр. Жыл сайын жаңа жұмыс орындары ашылып, тұрғын үйлер бой көтеріп, электр, жылу, газ желілері тартылып, жол жөнделуде. Ертең жұмыс сапарымен Нарынқолға бармақпын. Бүгінде Нарынқол бұрынғыдан көп өзгерді. Ол жердегі жастарға қолдау көрсету мақсатында жүзге жуық тұрғын үй салып, бар жағдайын қарастырудамыз. Бүгінде екі мыңға жуық адам туған ауылына қайтып келіп, еңбектенуде. Басқа өңірлерде де осындай жақсылықтар жетерлік. Биылғы пандемиялық жағдайда ауызбіршілік танытып, қиындықты еңсере алдық. Жуырда облыстағы емханаларға 180 дана «Жедел жәрдем» көлігін тапсырдық. Тағы да 9 млрд. теңге қаржы бөліп, індеттің екінші толқынына қарсы шараларға дайындық жасалуда. Тәуелсіздік мерекесіне дейін Талдықорған қаласының екі жүзден астам тұрғыны баспаналы болады. Олардың қатарында көпбалалы аналар, жағдайы төмен отбасылар да бар. Осы игіліктеріміздің желісі үзілмесін, – деді Амандық Баталов көпірдің ашылу салтанатында.

Осыдан кейін облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт береке-бірлік, ауызбіршілік, адал еңбек болса, қиындықты еңсеріп, елдің өркендеуі, өңірдің дамуы үшін игілікті жұмыстар атқарыла беретініне сенім білдірді. Ал саяжай тұрғыны Әлия Бетебаева ел тілегін ескеріп, үлкен іс тындырған облыс басшылығына алғысын жеткізді. Жүрекжарды лебіздер тыңдалған соң лента қиылып, жиналған қауым жаңа көпірмен жүріп өтті.

Екі көпірдің құрылыс жұмысына жергілікті бюджеттен 595 млн. теңге бөлінген. Биылғы мамыр айында құрылыс жұмысы басталған. Карантиндік шаралар кезінде қандай қиындық кезіксе де мердігер «Теплоремстрой» ЖШС көпір құрылысын сапалы әрі дер кезінде өткізген.

– Көпірді салу жұмысы мамыр айында басталды және мерзімінен бұрын тапсырылды. Көпірдің ұзындығы 69 метр, ені 7 метрді құрайды. Құрылыс жұмысына жергілікті тұрғындардан 70-ке жуық адам, жиырмаға жуық техника тартылып, жергілікті кәсіпорындарда дайындалған материалдар қолданылды. Біраз жыл тұрғындардың қолдануына жарамды, – дейді мердігер «Теплоремстрой» ЖШС директоры Серік Қомшабаев.

Бұрын «Қызылтас» пен «Шайқорған» саяжайларының ортасын жалғайтын көпір тар әрі жүруге қолайсыз еді. Аспалы көпір саяжай тұрғындарының қалаға қатынауы үшін көп қиындық тудырып келді. Жаңадан салынған қос көпір бұл қиындықты ұмыттыратын болады.

◆ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

ҚОС КӨПІР ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

Өткен жылы облыс әкімі «Шайқорған» саяжайына барған жұмыс сапарында тұрғындар Қаратал өзенінен өтетін көпірдің жоқтығынан көп қиындық көріп жатқанын айтып, көпір салып беруін өтінген болатын. Міне, бүгін тұрғындардың сол тілегі орындалып, «Қызылтас» және «Шайқорған» саяжайларынан Қаратал өзені арқылы қала аумағына өтетін автокөліктерге арналған қос көпірдің ашылу салтанаты өтті. Бұл игі іс Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында іске асып отыр. Шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып, саяжайлықтардың қуанышымен бөлісті.

Қажет АНДАС

– Су үстінде қалқып тұрған ескі көпірдің қиындығын көріп келдік. Әсіресе, қыс, көктем айларында өте қиын болатын. Мектепке кеткен балаларымыз кешке үйге оралғанша тағатсызданып күтіп отырушы едік. Енді, міне, сол қиындық артта қалды, – дейді «Шайқорған» саяжайының тұрғыны Үлболған Шымырбекова.

«Қызылтас» саяжайына жасалған жақсылық бұл ғана емес. Биыл саяжайдың жолдарына асфальт төселіп, жаңадан электр желісі тартылды. Осы аумақты еріген қар және жаңбыр суынан қорғау мақсатында өзен арнасына күрделі жөндеу жүргізілді. Бұл да тұрғындардың қуанышын еселей түскен.

– Жыл өткен сайын саяжайдағы тұрғындардың жағдайы жақсарып, тұрмысы түзеліп келеді. Бұрынғы жылдары қаланың іргесінде тұрсақ та инфрақұрылым жағынан көп кенже қалушы едік. Осы істің басы-қасында жүрген басшылыққа алғысымыз шексіз, – дейді «Қызылтас» саяжайының тұрғыны Кенжебек Исабеков.

Жаңа көпір салдық деп көне көпірді қопарып тастаудың реті жоқ. Облыс әкімі Талдықорған қаласының басшысы Ғалымжан Әбдірайымов пен мердігер компания өкілдеріне ескі көпірді сол қалпында қалдырып, оның айналасын абаттандырып, келешекке сақтап қою керектігін айтып, көпір құрылысына қатысты сын-ескертпелерді тез арада түзетуді тапсырды.



ӘЛ-ФАРАБИ:

Дұрыс әрекет – мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталады.



АБАЙ:

Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хакиқат. Оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық-дүр.



Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 134

(18842)

Сенбі,
28 қараша
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆KÓSHBASSHY — 2020



МЕН ЖАНБАСАМ ЛАПЫЛДАП...

Бикен Римова атындағы облыстық драма театрында аймақ басшысы Амандық БАТАЛОВ дәстүрлі «Көшбасшы – 2020» жастар сыйлығының жеңімпаздарын марапаттады.

Еңлік АРЫҚБАЙ

Тұңғыш Президент күніне орай өткен марапаттау салтанатында еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты барлық санитарлық талап сақталды.

«Көшбасшы» сыйлығы Жетісу жеріндегі жас буынның арасынан үздіктерді анықтап, әр салада еңбек етіп жүрген жас мамандардың еңбегін бағалау мақсатында ұйымдастырылып келеді. Биыл 20 номинация бойынша 402 үміткер өзара сынға түсті. Оның ішінде 56 үміткердің материалы ереже талаптарына сәйкес келмегендіктен іріктеу кезеңінен шеттетілді. Байқау нәтижесіне сәйкес Жетісу өлкесінің 20 жасы өз саласынан үздік деп танылып, жас көшбасшы атанды.

Салтанатты шарада облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ сөз алып, жастарға мемлекет мол үміт артатынын, еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың қолында екенін айтып, жастарды білім мен спортқа бейім, жігерлі, ұшқыр ойлы, бастамашыл болуға шақырды. Өз сөзінде әкім облыстың экономикасына, атап айтқанда, ауылшаруашылығы, құрылыс, инвестиция тарту бағытындағы оң көрсеткіштерге тоқталды.

– Елбасымен телефон арқылы сөйлесіп, қайта түлеген Нарынқол жайлы айтып бердім. Туған жерге деген сағыныш жайында әңгіме өрбіттік. Нарынқолға екі мың жас қайтып оралды. Тұрғын үйлер тоқтаусыз салынып жатыр. Көшелер абаттандырылды. Аудандар бойынша 9 дене шынықтыру кешенін тұрғыздық. Тағы жетеуінің құрылысы аяқталуға жақын. Неше жылдан бері жөндеу көрмеген жолдар, ғимараттар, су жүйесі, құбырлар, басқа түрлі нысандар қайта жаңғырудан өткізіліп, ел игілігіне берілді. Мұның барлығы жастар үшін! Жастарға барлық жақсылықты тілеймін. Әр салада үздік болыңдар, - деген Амандық Ғаббасұлы Тұңғыш Президент пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарға зор сенім артатынын жеткізді. – Жастардың бойында намыс, айқын мақсат болуы керек. Алдыға нақты меже қойып, соған талпынбаса, адам өмірде еш нәтижеге қол жеткізбейді. Жастар мақсатына сүрінбей жетуі үшін ерінбей еңбек етуі тиіс.

Бүгінде облысымызда 400 мың жас бар. Елбасы атап өткендей, жастар барлық игі бастамалардың қасында жүруі тиіс. Елде төтенше жағдай жарияланғаннан бері індетпен әлемдік күрес сапында Алматы облысының жас еріктілері белсенді жұмыс жүргізуде. Өңірде «Мейірімді Жетісу» еріктілер фронт-кеңсесінің жұмысы қарқынды жүргізілуде. Жыл басында облыста 1043 ерікті болса, қазірги таңда облысымызда 3200-ден астам ерікті жастар тіркелген.

Осы жас еріктілердің қатысуымен республикалық «Biz Birgemiz» акциясы аясында 2300 қайырымдылық акциясы мен іс-шаралар өткізілді. Әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған және көпбалалы отбасылар мен жалғызбасты аналарға, жалпы 26000 отбасына әлеуметтік көмек көрсетіліп, азық-түлікпен қамтамасыз етілді.

Облыста «Дипломмен ауылға» бағдарламасы да сәтімен жүзеге асып жатыр. Одан бөлек, «Жастар тәжірибесі» жобасы жас мамандардың кәсіби білімін жетілдіруге, ең бастысы – тұрақты жұмыс орындарын табуға оң ықпал етуде. Ағымдағы жылдың қараша айында жұмыспен қамту орталықтарына 15916 жас келіп, оның 15597-і жұмыспен қамтылды. Жоспарға сәйкес, ағымдағы жылы 1875 түлек «Жастар тәжірибесіне» жіберілді. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында 848 жас маман көтерме ақы алды. Баспана алу үшін 583 маманға 2.3 млрд.теңге көлемінде жеңілдетілген несие қарастырылған.

Салтанатты шарада «Жас әдебиетші» аталымы бойынша көшбасшы атанған Елдос Тоқтарбай сөз сөйлеп, Жетісу жастарының атынан облыс әкіміне алғыс білдірді. Көшбасшы атанғандардың қатарында «Жетісу» газетінің тілшісі, әріптесіміз Алмат Есенбеков те бар. Ол «Үздік ерікті» аталымында топ жарды. Бұл – біздің газет жастарының алғырлығын, қай салада да қатарластарының алдында жүретін бастамашылдығын көрсететін айқын дәлел.

Әріптесіміз Алакөл ауданында 2017 жылы «Бір арман» қайырымдылық қорын құрды. Еріктілерден құралған қордың әр мүшесі өзгенің мұңын өз мұңындай көріп, жоғын түгендеуге сүйемдей болса да үлес қосуға ұмтылып жүр. Алмат Есенбеков бастаған жалынды жастар жетімге жылу, сырқатқа күлкі сыйлаудан жалыққан емес.

Бүгін, міне, еленген еңбек пен теккен тердің жемісін көре отырып, басқаға үлгі болып отырған «Үздік ерікті»:

– Жетісу жастарының басты бәйгесі саналар «Көшбасшы» сыйлығын алу – үлкен жауапкершілікті жүктейтіні жасырын емес. Себебі, өз мамандығының, кәсібіңнің көш басында болу – үлкен міндет. Бүгінгі сыйлықты биылғы Еріктілер жылындағы айтулы жетістік деп санаймын. Өйткені, ерікті болу – тағдырымның таңдауы екендігі жасырын емес. Осы күнге дейін атқарған жұмыс, еңбек еленіп, шығамын деп ойламаған биікке бүгін қолым жетіп отыр, – деп, марапаттау рәсімінің жоғары деңгейде өткендігін жеткізді.

Көшбасшыларға облыс әкімі Амандық Баталовтың арнайы дипломы, естелік мүсінше және 250 000 теңгенің сертификаты табысталды. Барлық жеңімпаздар арасынан «Үздік журналист» аталымының жеңімпазы Айман Асыл да газетімізге пікір білдірді. «Көшбасшы» сыйлығын алу – мен үшін тек мәртебемен шектелмейді, сонымен бірге, үлкен сенім мен жауапкершілік жүктейді. Өзімнің салам – журналистика әлемінде осындай бір белесті бағындырып жатсам, бұл – алтын жүрек ел-жұртымның, атқарған адал еңбегімнің арқасы деп білемін. Жастарға жігер беріп, қанаттандыруда «Көшбасшы» сыйлығының орны ерекше», – деп барлық жүлде алған жетісулық жастарға ақ жол тіледі.

Шара соңы облыс өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

◆ОНЛАЙН ФОРУМ

ЕЛДІ БІРІКТІРЕТІН ҰЛЫ КҮШ

Нұр-Сұлтан қаласында 23-27 қараша аралығында «Қоғам және мемлекет: Серіктестік пен дамудың 30 жылы «Birgemiz» атаумен өткен Қазақстанның IX азаматтық форумын қорытындылау салтанаты өтті. Оған ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек КӨШЕРБАЕВ, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида БАЛАЕВА қатысып, жүрекжарды лебіздерімен бөлісті. Шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ пен орынбасарлары, аймағымыздағы үкіметтік емес ұйым өкілдері онлайн режимде қатысып, ел өмірінде ерекше маңызы бар бастамалармен танысып, алдағы жұмыс бағыттарын айқындады.

Қажет АНДАС

Бес күнге жалғасқан IX азаматтық форум онлайн форматта өткенімен талай тақырып қаузалыпты. Әсіресе, шалғай елді мекендердегі үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қатысуына мүмкіндік көп болды. Форум аясындағы тренинг, семинар, пікірсайыстардың тақырыбын қоғамдық ұйым өкілдері қамтамасыз еткен. 40-қа жуық пікірсайыс алаңы ұйымдастырылса, қоғамдық ұйым басшыларының 12 кездесуі өткен. Азаматтық қоғам мен мемлекеттік ұйымдардың қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған 650-ден астам ұсыныс түсіпті.

– Жергілікті жерлерде балалар мен жасөспірімдер мәселесіне қаражат бөлуге ерекше мән берілуі керек. Балалардың құқығы мен қажеттілігінің бірдей екендігін ескеруіміз керек. Сондықтан ауыл мен қала балаларының аражігін алшақтатпай, бәріне бірдей көңіл бөлген жөн. Әрине, еліміз кең-байтақ, әр жердің даму мүмкіндігі, әлеуметтік жағдайы да әртүрлі. Десе де, бірінші кезекте ауылдық мәдениет және демалыс орындарын, спорт үйірмелерін дамытуға күш салуымыз керек. Тұрғылықты халық пен жергілікті бюджеттің мүмкіндігін саралай отырып, мемлекеттің немесе демеушілердің есебімен балаларды түрлі спорттық ойын түріне жаттықтыратын бапкерлерді қызметке тарту керек, – деген ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, тарихшылар мен өлкетанушылардың еңбектеріне де ерекше көңіл бөлудің керектігін алға тартты.

Келесі кезекте сөз алған ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева:

– Азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, әлеуметтік саясат, бәрі – 30 жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазығын қаққан тәуелсіз елдігіміздің егемендік туралы декларациясында халқымыздың саналы түрде таңдап алған дара жолы, қайталанбас құндылықтары. Бүгін, міне, сіз бен біз осы қағиданы іс жүзінде көріп, нәтижесін түйіндеп отырмыз. Бүгінде Президенттің тапсырмасымен құрылған Ұлттық қоғамдық кеңестер табысты қызмет етсе, қоғам белсенділері заңнамалық процеске белсене жұмылдырылып отыр. Бұл реткі форум келесі форумдардың сәтті жүргізілуіне жол ашады деп сенемін, – дей келе Қазақстанның азаматтық альянсына, белсенді қатысушыларға, қажетті ақпаратты дер кезінде таратып отырған БАҚ өкілдеріне ризашылығын білдірді.

Осындай келелі істер шешімін тауып, келесі қадамдарға жол ашқан шара аясында жыл бойы жемісті еңбек еткен үкіметтік емес ұйым өкілдері марапатталды. Осы орайда облыс әкімі Амандық Баталов та аймағымыздағы елдің береке-бірлігі үшін тынымсыз еңбектеніп жүрген «Жігер-М» мүгедек спортшылар федерациясы қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Тәжіғали Хаджамұратов, «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Талдықорған» корпоративтік қоры басшысы Арман Махатов, «Үйғыр ауданындағы қимыл қозғалысы кем мүгедектердің» қоғамдық бірлестігінің басшысы Жамал Оқаева, облыстық балқар этномәдени бірлестігі қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Исмаил Тылов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық қорының жетекшісі Дарья Ярополваларға Алғыс хат пен сертификат табыстап, алдағы істеріне сәттілік тіледі.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2020 жылдың 3 желтоқсанында Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс 63 сессиясы (онлайн режимінде) өткізіледі

Күн тәртібіне сәйкес келесі мәселелер қаралады:

1. Алматы облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы "Алматы облысының 2020 – 2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" №55-282 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 қарашадағы №37-204 «2019 – 2021 жылдарға арналған Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Алматы облысындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

4. Алматы облысы бойынша адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

5. Алматы облысындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы.

6. Алматы облысы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы.

Басталу уақыты: сағат 15.00

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ТІРКЕУГЕ АЛЫНҒАН

«Жетісу медиа» ақпараттық алаңында «Алматы облысы бойынша медициналық ұйымдарға тіркелу науқанының қорытындысы» тақырыбында баспасөз-мәслихаты өтті. Тіркелу жыл басынан басталып, бүгінге дейін жүргізілген.

Мәслихатқа әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы облысы бойынша филиалының директоры Нұрлан Отарғалиев шақырылды. Екінші спикер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының» облыстық филиалы директорының орынбасары Біржан Байжанов болды.

Нұрлан Таңжарықұлының айтуынша, облыста тұратын 2 миллионнан аса адам түгел тіркеуге алынған. Бірақ осы тіркеуге алынғандардың 484 мыңы әлеуметтік медициналық көмек бойынша өз санатын белгілемеген. Яғни, қандай санат бойынша медициналық көмек алатындарын білмейді. Егер адам өз бетінше табыс тапса, міндетті әлеуметтік медициналық көмек алу үшін қорға өзіне қаржы аударып тұруы тиіс. Тұрақты жұмысы барларға жарнаны жұмыс беруші аударып тұрады. Жарна төлемегендер де медициналық жедел көмек ала алады. Бірақ қымбат аппараттарға тексеріле алмайды. Мысалы, МРТ, КТ сияқты қондырғыларға тексерілгісі келсе, ақы төлейді.

Журналистер тарапынан спикерлерге Міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры медицина мекемелерінің қызметінің жақсаруына ықпал етсе деген ұсыныс айтты. Көптеген мекемелерде заманауи аппараттар жоқтың қасы. Болған жағдайда жеткіліксіз. Бұл орайда қор жетекшілері денсаулық саласына барынша ықпал ететіндерін айтты.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ



БАСПАСӨЗ – 2021

Әр мақаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы – өзіміздің «Jetisýgа» жазылайық!

◆ӘКІМДЕР ЕСЕБІ



СЫНҒА ДА ҰШЫРАДЫ, ҚОЛДАУ ДА ТАПТЫ

Аудан әкімдерінің биылғы атқарған жұмыстарын саралап, алдағы жылдың бюджетін қорғаған жиын Талғар ауданының әкімі Серікжан Ерекешевті қабылдаудан басталды. Ауданда кәсіпкерлік және ауылшаруашылық саласы жақсы дамып келеді. Жыл қорытындысында өнеркәсіп өнімінің көлемі 49 млрд. теңге, ауылшаруашылығы 55 млрд.теңгені құраған. Алдағы жоспарларымен бөліскен аудан басшысы тауарлы-сүт фермасы, мал бордақылау алаңы, жылыжай ашу мен бақ отырғызу, құс фабрикасы мен медициналық бұйымдар өндіретін зауыт ашу жайлы ойымен бөлісті. Шаруаның жайын жақсы білетін басшыға қашан да қолдау білдіретін облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ аудан әкімінің жоспарларын құп көрді. Тоғыз жолдың торабындағы Талғар халықтың күнкөрісіне қолайлы. Сондықтан баспана салу мұнда өзектілігін жоймайтын мәселе. Бүгінгі таңда көпқабатты үйлерді блокты-модульді қазандықтар арқылы жылытудың тиімділігі белгілі болды. Осы орайда сексенінші, тоқсаныншы жылдары салынған үйлердің маңынан осындай қазандықтар салу үрдіске айналған. Ол көп жерді алмайды және пәтерлерді жылытуға қолайлы. Бұл жағдай Талғар ауданында да тиімділігін дәлелдеді.

Гүлжан ТҰРСЫН,
Қажет АНДАС,
Аслан ҚАЖЕКЕ (фото)

Аудан әкімі орталықтан тағы бір осындай қазандық салмақ. Облыс басшысы Амандық Баталов бұл іске қолдау білдірді. Нысанды салып қана қоймай, жан-жағын көгалдандыру, үй маңдарына балалар ойнайтын алаңқайлар салу жайын да бірден қарастыру керек екенін айтып, қосымша жұмыстарға қаржы бөлгізді. Облыс басшысы барлық әкімдерге құрылыс жүргізетін жер бөлінісімен, инфрақұрылым тарту керектігін тағы ескертті. Бұл жағдай құрылысы қарқынды Талғар ауданына да қатысты екенін айтты. Ауызсу, жол, электр желісі сияқты инженерлік инфрақұрылымдарды жақсарту жұмыстары жайлы жоспарлар қолдауға ие болды.

Серікжан Қазиұлының айтуынша, ауданда экономиканың негізгі салаларында өсім бар. Дегенмен, Талғардағы арық жүйелерін реттеу, Бесағаш, Талдыбұлақ, Амангелді, Қызылқайрат, Кеңдала, Қызылту, Нұра ауылдарындағы жаңа құрылыстар салынған жерлерге электр желілерін жүргізу, ауданның 35 шақырым жолына орташа жөндеу жұмыстарының құжаттамаларын әзірлеу мәселесі қозғалды. Барлығы өзекті екені айтылды.

Халықтың құжат алу, интернетті тиімді пайдалануы үшін сервистік әкімдік ғимаратын салу қажеттілігі артқан. Бұл бүгінде көпшілік үшін тиімді жоба екенін дәлелдеді. Құрылыстың құжаттамасын әзірлеуге қаржы сұралды. Игі шаруаны қолдаған облыс басшысы қаржының қарастырылатынын айтты. Аудан әкімінің сөзінше, тұрғын үй салуға арналған 4,5 гектар жер бар. Бірақ оған әзірге инженерлік желілер жүргізілмеген. Егер қаржы қарастырылса, инфрақұрылым жасалып, алғашқы кезекте 5 үйдің құрылысы басталмақ. Амандық Баталов Алматының маңында орналасқан Талғардың ең іргелі ауданның қатарында тұрғынын алайда ондағы тұрғын үй құрылысының қарқыны төмен екенін сынға алды. Себебі, аудан мегаполистің жанында. Халық тығыз орналасқан. Баспана салынса тұрғын үй кезегіндегі халық қуанар еді. Жалгерлік баспана салу да бұл ауданда тоқтаусыз жүргізілуі тиіс екені айтылды.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ да халқының көптігі, жерінің кеңдігі, кәсіпкерлік саласының өркен жаюымен ерекше. Ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын одан әрі дамыту үшін аудан әкімі Қуанышбек Қашқымбаев көптеген жоспар-жоба жасапты. Масақты, Сөгеті, Шелек ауылдық округтеріндегі суару каналдарын жөндеу, сол сияқты инженерлік-ирригациялық жүйелерді жетілдіру бағдарламасы аясында суару жүйелерін жөндеу жұмыстарын аяқтауға қаржы сұрады. Соңғы жылдары облыста ирригацияға барынша көңіл бөлінуде. Себебі, астық алқаптарына тартылған каналдар, құбырлар ескірген. Көбін қамыс басқан. Соның салдарынан су дұрыс жүрмей, арна бұзылып, шығын көбейген. Бүгінде арнайы бағдарламалар арқылы су жүйелері жаңартылуда. Мұндай жағдай Еңбекшіқазақ ауданында да орын алған екен. Каналдар жарылып кеткен. Аудан әкімі су жүйелерін жаңартуға қаржы сұрады. Нәтижесінде, ирригациялық жүйе жаңартылатын болды. Бірнеше елді мекеннің ауызсу жүйесіне күрделі жөндеу жүргізу керектігі айтылып, мақұлданды. Есік пен Шелек ауылында тұрғын үй салу алаңдарына инфрақұрылым жүргізу, сондай-ақ, үшауысымды мектептерді жаңарту мақсатында қаражат сұралды. Қаржы кезек-кезекпен берілетін болды.

Келесі кезекте БАЛҚАШ АУДАНЫНЫҢ әкімі Ғалым Тоқпейісовтың есебі тыңдалып, өңірге инвесторларды көптеп тарту, инвестфорум өткізу керектігі жайлы айтылды. Аудан әкімі Балқаш көліне баратын жолдардың нашарлығы, соның салдарынан жолкөлік оқиғасының жиі орын алатынын жеткізді. Ескі көпірлердің сынып кетуінен балық тиеген үлкен көліктер апатқа ұшыраған. Бұл жағдайды дереу қолға алмаса ескі жолдар болашақта мүлде жарамсыз болып қаламақ. Нәтижесінде, ескі көпірлер жаңаланатын болып шешілді. Мұндай жағдай Құйған, Қарой, Жиделі ауылдарындағы туризм нысандарының жолына да қатысты екені сөз болды. Бақанас ауылында жалгерлік тұрғын үй салуға қажетті инженерлік инфрақұрылым тарту, Жиделі, Үлгілі, Алтынсарин мектептерін күрделі жөндеуден өткізу, сондай-ақ, сумен жабдықтау, көшелерді жарықтандыру, абаттандыру, денсаулық, мәдениет, спорт нысандарын жөндеу жұмыстары жайлы да айтылды. Облыс әкімі барлық айтылған мәселелерге кезең-кезеңімен қаржы бөлініп, тиісті қолдау көрсетілетінін жеткізді. Сол сияқты өңірді газбен қамту ісін тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ іргелі өңір. Мұнда да атқарылатын шаруа шаш етектен. Жыл соңына қарай, 300 пәтерлі 5 тұрғын үйдің құрылысына қажетті құжат дайын болады. Аудан әкімі Бағдат Әлиев облыс басшысынан сол үйлердің құрылысын жүргізуге қаржы бөлуді сұрады. Тұрғын үй құрылысын жүргізумен қатар қолданыстағы кәріз жүйесін қайта жайғастыру мен құрылысын жүргізу мәселесі туындаған. Алдағы уақытта кәріз жүйесін кеңейтіп, жаңғырту көзделуде. Соған да облыс тарапынан қолдау қажет. Оған қоса аудандағы Жамбыл атындағы өнер мектебін жаңадан салу туралы ұсыныс білдірді. Алдағы жылы Жамбыл Жабаевтың мерейтойы. Соның құрметіне өнер мектебі жаңартылса деген ойын айтты Бағдат Байшалұлы. Облыс басшысы бұл мәселеге қолдау білдіріп, мерейтойға дайындықты бір жыл қалғанда емес, бірнеше жыл бұрын бастаса іс ілгері болатынын еске салды. Өнер мектебі жаңартылатын болып шешілді.

Облыс басшысы Амандық Баталов ауданның тауарлы-сүт фермалары, мал бордақылау алаңдарын құруда істің жүрмей жатқандығына сын айтты. Инвестор тарту кемшін. Бұрынғы мал шаруашылықтары ғана жұмыс істеп тұр. Ауданда қаржылы кәсіпкерлерді тарту өз дәрежесінде емес,– деді Амандық Ғаббасұлы.

АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ әкімі Әлібек Жақанбаев өңірдің әлеуетін тиімді пайдалану мақсатында көп жоспар құрыпты. Барлығы елдің игілігі үшін. Алакөл көлінің жағалауын туризм мен денсаулықты жақсартуға арнамақшы. Табиғаты таза, тау бөктерінде орналасан Лепсі, Қабанбай ауылдарын да жандандырмақшы. Мәселен, ауданда жалпы 41 мың гектар суармалы егістік көлемі бар. Бүгінде соның 31,5 мың гектары немесе 75,6 проценті ғана пайдаланылып, судың жетіспеуіне байланысты толық игерілмеуде. Осыған орай аудан әкімінің су жүйелерін жөндеп, Жаманты өзені бойынан су қоймасын салу жайлы ойы облыс басшысының көңілінен шықты. Лепсі ауылында спорттықсауықтыру кешенінің құрылысын жүргізу, Ақшиде «Жалын» балалар лагерін қайта жаңғырту жоспарда бар. Сол сияқты 900 млн. теңгеге Көктұма және Ақши ауылдарының электр желілерінің құрылысын жүргізуге қажеттілік туындаған. Қабанбай ауылы, Үшарал қаласында тұрғын үйлердің құрылысы, аудан орталығында 250 орынды аурухана, халыққа қызмет көрсету орталығын салуға қолдау қажет. Осы және басқа да әлеуметтік-экономикалық саладағы бірқатар түйінді мәселелерді баяндаған аудан әкімі Әлібек Әскербекұлының ұсыныстары облыс басшысы тарапынан қолдау тауып, серпінді істерге тиісті қаражат бөлінетін болды.

***

Амандық БАТАЛОВТЫҢ алдында Сарқан ауданының әкімі Талғат Қайнарбеков, Қапшағай қаласының әкімі Нұрлан Құматаев, Текелі қаласының әкімі Батыр Молдахметов, Талдықорған қаласының әкімі Ғалымжан Әбдірайымов жыл бойы атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Сондай-ақ, алдағы уақытта атқарылатын жоспарларын таныстырып, орын алған күрмеуі қиын мәселелерді ортаға салды. Көпшіліктің алдында бірінші болып есеп берген САРҚАН АУДАНЫНЫҢ әкімі Талғат Қайнарбеков биылғы пандемиялық ахуал қанша қыспаққа алғанымен өңірдің экономика, әлеумет, білім, денсаулық сақтау, мәдениет пен спорт саласындағы жетістіктерін баяндап, алда атқарылар бірқатар жобаларды ұсынды.

Оның айтуынша, Тәуке мен Ашылы өзек каналдарын күрделі жөндеу, Балқаш көлінің жағалауында туризмді дамыту үшін ин-фрақұрылым салу, тау туризмін дамыту үшін таулы жерлерге туристік бағыттар бойынша жолдарды жөндеу, Сарқандағы тұрғын үй құрылысын күрделі және ағымды жөндеуден өткізу, тозығы жеткен су құбыры желілерін жаңарту, ауылдардағы білім беру нысандарын, емхана, стационар ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу, әлеуметтік, мәдениет нысандарына айрықша көңіл бөлу керектігі жайлы ұсыныстарын нақтылы мысал, сан-цифрлар арқылы көрсетіп берді және осы шараларды атқару үшін облыстық бюджеттен қаржы бөлуін сұрады. Оның ұсынысын көптің талқысына салған облыс басшысы бірқатар жобаны атқаруға қолдау танытатынын білдірді.

– Сарқан ауданының аумағында Жоңғар Алатауы ұлттық паркі орналасқан. Ол жерлер тау туризмін өркендетуге өте ыңғайлы өңір. Осыған орай облыс әкімінің алдында өзіміздің жобамызды ұсындық. Бұл қолдау тапты. Бірінші кезекте осы ұлттық парк аумағындағы жол құрылысын қолға алсақ деген ойдамыз. Жол жөнделсе, бұл жерге келетін туристердің де саны артады. Ол өз кезегінде аудан, облыс экономикасының көтерілуі үшін серпін береді. Тағы бір жағынан, ауданымыз ауыл және мал шаруашылығын негізгі тіршілік көзіне айналдырған. Ауданда 35 мың гектар суармалы жер, көптеген канал бар. Осы ретте ауданның суландыру жүйесін реттеп, бүлінген каналдарды бүтіндеп алсақ, мал және ауылшаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтарына үлкен қолдау болары анық. Бұл жобалар да облыс басшысы тарапынан қолдау тапты. Алдағы уақытта жүзеге асады деген ойдамын, – дейді Сарқан ауданының әкімі Талғат Қайнарбеков журналистерге берген сұхбатында.

Әкімдер есебінде ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ әкімі Нұрлан Құматаевтың жоспары көп қолдауға ие болды. Егер қала әкімі ұсынған жобалар толығымен қолдау тапса, облыстағы үш қаланың бірі және кейінгі жылдары дамуы қарқынды, туризм саласындағы үлесі басым қаланың бет-бейнесі жандана түспек. Расында, Нұрлан Орынбасарұлы Қапшағай қаласының тізгінін ұстағалы көп болмаса да, оның өзі басқарып отырған қаланың тыныстіршілігі, инфрақұрылымы, тұрғындардың әлеуметтік жағдайы, қаладағы әр саланың бүгінгі мүмкіндіктерін терең зерделеп, толық танысқанын есеп беру барысындағы түйінді сөздерінен аңғардық. Ол жарты сағатқа созылған есеп барысында ауқымдылығы, маңыздылығы, өміршеңдігі жағынан қаланың өркендеуіне үлкен үлес қосатын онға жуық жаңа жобаны ұсынып үлгерді. Оның қатарында барлық саланың дамуына керекті тың жобалар қамтылған. Әсіресе, тұрғын-үй инфрақұрылымын жүзеге асыру, Қапшағай көлінің жағалауындағы демалыс орындарының жұмысын жетілдіру, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған жобалары облыстағы өзге қалаларға үлгі болатындай-ақ.

Ұсынған барлық жоба облыс әкімі тарапынан толық қолдау тапты. Амандық Ғаббасұлы орынбасарлары мен тиісті басқарма басшыларына Нұрлан Орынбасар- ұлының жобасына керекті қаржы көзін реттеп, оның жүзеге асуына қолдау танытуын тапсырды.

Облысымыздағы жас әкімдердің бірі Батыр Молдахметовтің ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНЫҢ тізгінін қолына алғанына көп бола қойған жоқ. Бірақ оның да өз қызметіне ерекше жауапкершілікпен қарайтындығы белгілі болды. Моноқаланы өркендетудің бар мүмкіндігін қарастырып жатқаны облыс әкіміне берген есебінен де көрінді.

Текелі – жалпы туризмнің құт мекені. Сондықтан, ондағы барлық жоба-жоспар осы бағыттағы жұмыстардың жүйелі іске асуымен еншілесіп жататыны белгілі. Батыр Қайыркенұлы осыған орай өзінің бірнеше жобасын таныстырып, ұсынысын айтып, қаржылық қолдау танытуды ұсынды.

Текелінің туристік аумақтарындағы интернет желісінің туристерге көп қиындық тудырып келе жатқаны белгілі. Бұйырса, бұл мәселе де алдағы уақытта толық шешімін табатыны айтылды.

Әкімдер есебіне ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНАН ерекше бір тың жоба түседі деген үмітпен барып едік. Өкінішке қарай, қала әкімі Ғалымжан Әбдірайымовтың аузынан елең еткізер жайды естімедік. Облыс әкімі Амандық Баталов та Талдықорған қаласы әкімінің жиналысқа дайындықсыз келгенін сынға алды. Десе де, Талдықорған қаласындағы Алматы қаласына шыға берістегі Жансүгіров көшесінің бойындағы Талдықорған медициналық колледжінің алдына және Қадырғали Жалайыри көшесінің коттеджді қалашық аумағындағы жолға бағдаршам орнатып, жолаушылардың іркіліссіз жүруін қамтамасыз ету мен төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған жобасы қолдау тапты.

Жақсы істер айтылып, жағымды жобалар ұсынылып, оның көбі облыс әкімі тарапынан қолдау тауып, кейбірі сынға ұшыраған жиналыстың жалпы баяны осылай болды.

◆МАЛ ҚЫСТАТУ

ӨРІС СӘНІ

Биыл Кеген ауданы бойынша елу мыңнан аса ірі қара, 28 мың жылқы, 145 мың қой-ешкі қыстатылуда. Төрт түлік мал үшін 145256 тонна шөп дайындалып, мал азығының сенімді қоры жасалған. Енді тек қана қырдағы ағайын үшін мал қыстатуды ұйымшылдықпен, өз деңгейінде жемісті аяқтап шықса, нұр үстіне нұр болмақ.

Қанат БІРЖАНСАЛ



Жылысай ауылдық өңіріне қарасты «Қошан» шаруа қожалығының жағдайы жақсы. Қожалықты атакәсібін жалғастырып жүрген Ерғалым Қошанов атты еңбекқор азамат басқарады. Аталған қожалық асыл тұқымды ірі қара мен жылқы өсіруге бағытталған. Қазір қожалықта жүзге тарта ірі қара, 60 жылқы өсірілуде. Малдың тең жартысынан астамы аналық. «Қошан» шаруашылығы сапалы семіз ет өндірумен, жаз маусымында сүт, қымыз дайындаумен айналысады. Осы арқылы қожалықтың жағдайы жыл өткен сайын жақсарып келеді.

– Биыл қыс ерте түсті. Қыс қатал мінезін танытып тұр. Дегенмен, қар жұқа. Өріс ашық. Қолда бар мүмкіндігімізді пайдаланып, мал азығын дайындап алдық. Мал қыстату науқанын көңілдегідей аяқтап шығамыз деген сеніміміз мол, – дейді «Қошан» шаруа қожалығының жетекшісі Ерғалым Қошанов.

Қазір «Қошан» шаруа қожалығының төрт түлік малы Малай батыр кесенесінің маңында орналасқан. Қыстаудағы тіршілік сәтімен жалғасуда.

Кеген ауданы

Суретте: «Қошан» шаруа қожалығының жетекшісі Ерғалым ҚОШАНОВ.

◆БІЛІМ

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Мектеп оқушыға білім мен тәрбие беріп қана қоймайды, жан-жақты дамытып, бала бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді, ұлттық құндылықтарды сіңіреді. Отансүйгіштікке баулып, еліміздің жарқын болашағы ретінде қамқорлық танытады.

Ораз Жандосов атындағы орта мектепте бүгінде 1426 оқушы білім алады. Биыл бірінші сыныпқа 156 оқушы қабылданды. Денсаулығына байланысты білім беру ұйымдарына келіп оқи алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту ұйымдастырылған. Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша үйде оқыту жөніндегі ұсынымы бар 12 оқушыға ұстаздарымыз үйлеріне барып білім беруде.

Өткен оқу жылында 44 мектеп бітіруші түлекке жалпы орта білім, 105 оқушыға негізгі орта білім аттестаты берілді. Бір түлегіміз «Алтын белгі» иеленді. Мектеп бітірген түлектеріміздің барлығы дерлік еліміздің жоғары оқу орындары мен колледждеріне оқуға түсті.

Қазіргі таңда пандемияға байланысты оқушылар қашықтан білім алуда. Осыған орай ата-аналар мен оқушыларға барынша қолдау көрсетудеміз. Қашықтан оқытуда негізгі құрал болып табылатын ноутбук, компьютерге мұқтаж оқушыларға мемлекет, демеушілер, мектеп тарапынан қажетті техникалық жабдықтар берілді.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан 31 оқушыға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 6 балаға барынша қолдау көрсетіледі. Жыл сайын мектепке қажетті заттармен, киім-кешек, ыстық тамақпен қамту қарастырылған.

Келешегіміз балалардың алаңсыз білім алып, мемлекет қамқорлығын сезініп өсуі аса маңызды. Ұрпағымызға қамқор болғанда ғана бақытты балалық шақ, баянды болашақ сыйлай аламыз. Бұл орайда ұстаздар мен ата-аналарға артар сенім зор.

Ж. КИКИМОВА,
О. Жандосов атындағы орта мектептің директоры
Қарасай ауданы

◆ӘЛЕУМЕТ



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің №158 бұйрығына сәйкес ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары психологиялық даярлаудан өтуі тиіс.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛАУ

Аталған курс 3 ай уақыт аралығында өтеді. Аптасына 1 рет «Skype» қосымшасы арқылы онлайн режимінде «Айналайын» және облыстық №1 балалар үйінде және Жаркент қаласының облыстық зерде бұзылыстары бар жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатында өтеді. Балалар үйлерінің жауапты қызметкерлерінің байланыс нөмірлерін ұсынамыз.

Талдықорған қаласындағы «Айналайын» балалар үйінің әлеуметтік педагогы Назгүл Оңалбаева, психолог Мөлдір Егінбаева 8 (7282) 32-82-51, 30-23-22.

Алматы қаласында орналасқан облыстық №1 балалар үйінің әлеуметтік педагогы Әсел Қадырова, психолог Сәуле Мендекұлова 8 (7272) 69-62-40.

Жаркент қаласының облыстық зерде бұзылыстары бар жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының әлеуметтік педагогы Ұлтуар Рахымбаева, психолог Айман Кәрімова 8 (72831) 9-12-69.

Ғ. ӘЛИЕВА,
облыстық білім басқармасының
бас маманы



ӘЛ-ФАРАБИ:

Ғақлия көзбен қарасаң, Дүние – ғажап, сен – есік. Жаһлы көзбен қарасаң, Дүние – қоқыс, сен – меншік.



АБАЙ:

Құдайдан — қорық, пендеден — ұял: балаң бала болсын десең оқыт, мал аяма!



Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 137
(18845)
Сенбі,
5 желтоқсан,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

ШАРУА ТҮЗЕЛІП, МАЛ БАСЫ ӨСТІ

Ауылшаруашылығы қызметкерлері күніне орай облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ ауыл және мал шаруашылығы саласында өнімді еңбек етіп жүрген іскер азаматтармен кездесіп, аймақта атқарылып жатқан игілікті жұмыстарды пысықтады. Осы орайда бір бөлім азаматтар түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болды. Оның бірқатарын облыс басшысы өзі тапсырса, қалғандарын онлайн режимде аудан, қала әкімдері табыстады.

Қажет АНДАС

Облыс тұрғындарының 80%-ы ауылдық жерлерде тұрады. Содан кейін де аграрлық саланың дамуы халықтың әл-ауқатын көтерумен тығыз байланысты.

Биылғы жыл барлық салаға оңай тиген жоқ. Десе де облыс тұрғындарының тынымсыз еңбегінің арқасында ауылшаруашылығы саласының қызметкерлері жоспардың бәрін ойдағыдай орындап, жылды жақсы көрсеткішпен қорытындылауда. Мұндай жетістікке жетудің де сан түрлі себебі бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Үкімет дер кезінде аталған саланы қолдау шараларын қабылдап, тыңғылықты жұмыс істегендіктен көктемгі егіс жұмыстары, күзгі жиын-терін, қысқа дайындық уақытылы жүргізілді. Сондай-ақ, облысқа көктемгі егіс жұмыстарына «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы берілген 1,1 млрд. теңге жеңілдетілген несиенің де көп көмегі болғанын айта кеткен жөн.

– Биылғы жылы облыстағы егіс алқабының көлемі 7 мың гектарға артып, 968 мың гектардан асты. Ауа райының құрғақтығына қарамастан облыс еңбеккерлерінің тынымсыз еңбегінің арқасында 1,4 млн. тонна дәнді дақыл жиналып, гектар берекелігі 30 центнерден айналды. Жүгерінің шығымы гектарына 67,2 центнерден болып, 581 мың тонна өнім жиналды. Қант қызылшасынан орта есеппен гектарына 380 центнерден өнім алынса, жекелеген шаруашылықтар бұл көрсеткішті 600-800 центнерге жеткізді. Мал басы мен өнім өндіру өткен жылмен салыстырғанда орта есеппен 3,5%-ы өсіп, 107 мал бордақылау алаңы құрылды. «Сыбаға» бағдарламасының арқасында мал басы өсіп, ет пен сүт өндірісін арттыру мақсатында стратегиялық инвесторлар мен трансұлттық компанияларды тарту қарқын алды. Мәселен, «Тайсон фудс» американдық компаниясының ірі қара етін өңдейтін зауытын, германиялық инвестор «Бауман» компаниясының ұсақ мал етін тереңнен өңдейтін жобасын айтуға болады. Құс етін (83 мың тонна) өндірудегі облыстың үлесі 39 пайызды құрап, республикада алдыңғы орынға шықты. Жеті жыл тоқтап тұрған «Отан Грин Фуд» құс фабрикасы қайта жаңғыртылды. Облыста сүтті мал шаруашылығын өркендету аясында биыл 2,4 мың басқа арналған алты ферма құрылды, жыл соңына дейін екі мың басқа арналған тағы алты ферма іске қосылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру керектігін тапсырған еді. Биылғы 10 ай ішінде аймақта 766,8 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Тамақ өнеркәсібінде 418 млрд. теңгенің азық-түлігі шығарылды. Оның ішінен 110 млн. АҚШ долларының өнімі экспортқа жіберіліп, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 1,2 есеге артты. Ауылшаруашылығына тартылған инвестиция көлемі 50,9 млрд. теңгеге жетіп, 25 инвестициялық жоба іске қосылды. Жалпы қабылданған шаралар нәтижесінде жыл соңына қарай ауылшаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 900 млрд. теңгеге жетеді деп күтілуде, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Осыдан кейін облыс әкімі жыл бойы аймағымыздың ауылшаруашылығы саласының өркендеуіне сүбелі үлес қосқан бірқатар кәсіпкер азаматтар мен шаруа қожалықтарының иелерін марапаттады. Сол қатарда «Еңбек ардагері» медалімен Ақсу ауданы «Марлен-А» ЖШС жетекшісі Әміров Мүсеке, Ескелді ауданы «Романенко» шаруа қожалығының басшысы Виктор Романенко, Сарқан ауданы «Самал» шаруа қожалығының басшысы Ермек Қалиев, сондай-ақ, «Үздік ауылшаруашылық тауар өндірушілері» байқауының жеңімпаздары Балқаш ауданының «Агроферма Бірлік» ЖШС-нің басшысы Алмас Қыстаубаев, Жамбыл ауданының «Шалтабаева Ж.Е» шаруа қожалығының басшысы Талғат Сеңгіров марапатталды. Оларға I дәрежелі диплом және «МТЗ-82» тракторы берілді.

Пандемиялық жағдайға байланысты биыл шаруа қожалықтары жұмысының да шатқаяқтап қалғаны анық. Сонда да тынымсыз еңбек, жүйелі жұмыстың арқасында жоспарын табанды жүзеге асырған шаруашылықтар аймақтың аталған саладағы үлесін еселей түсуге үлес қосты.

– Биылғы жыл қанша қиын болса да балқаштықтар жақсы көрсеткішке жетті. Ауданымызда егіс алқабы 6 мың гектардан астам. Қазіргі таңда 3500 гектардан астам күріш, бидай алқабы толығымен жиналып, қамбамызға 4600 тонна бидай, 7200 тонна күріш жиналды. Өзім басқаратын серіктестікте 250-ден астам адам жұмыспен қамтылған. Олардың орташа еңбекақысы 100 мың теңгені құрайды. Биыл соңғы үлгідегі екі комбайн, екі трактор сатып алынып, шаруамыз ілгері басты. Күріш ақтайтын зауытымыз толыққанды жұмыс істеп тұр. Алматы қаласы мен облыс тұрғындарын ақталған күрішпен қамтамасыз етіп келеміз. Енді Ресей, Қырғызстан сияқты көрші елдерге экспорттауға келісімшарт жасалуда. Бізде егін және мал шаруашылығы қатар жолға қойылған. Бүгінде 5 мың бастан артық ірі қара, мың бастан астам жылқы, бес мың басқа жуық қой өсірілуде. Қыстық мал азығына 10 мың тонна шөп, 15 мың тонна жоңышқа дайындалды. Сонымен қатар, биыл жағдайы төмен отбасыларына 20 млн. теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсеттік, – дейді Алмас Қыстаубаев. Өз кезегінде Жамбыл ауданының «Шалтабаева» шаруа қожалығының басшысы Талғат Құрманбекұлы да осындай жетістіктерімен бөлісті.

Биылғы Ауылшаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара осындай игілікті істермен қорытындыланды.

* * *

Салтанатты жиыннан кейін облыс әкімі Талдықорған қаласындағы жолаушылар автобусы паркін жаңарту мақсатымен сатып алынатын жаңа жолаушылар автобусымен танысты. Келесі жылдың мамыр айынан бастап Талдықорған қаласындағы жолаушылар тасымалдайтын автобустардың 30 пайызы жаңартылатын болады. Ол "Жетісу ӘКК" ҮК» АҚ-ның автобус паркін жаңарту бойынша лизингтік қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде жүзеге аспақ. Олар өз бағдарламасын жеті жылға дейінгі мерзімге жылдық 4% өсіммен Талдықорған қаласындағы 7 автобус паркіне қаржы лизингіне бере отырып, жаңа автобустарды сатып алу жолымен іске асырмақ. Осы мақсатта «СарыарқаАвтоПром» өндірген «Ютонг» және «ПАЗ-320415» маркалы 55 бірлік автобусын сатып алу жоспарлануда. Сол автобустардың бірі облыс әкімі Амандық Баталовқа таныстырылды.

– Қала барған сайын кеңейіп, адам саны өсіп, күнделікті жолаушылар автобусымен жүретіндердің саны артып келеді. Сондықтан жолаушылар автобусы жаңа, жаңға жайлы, ретті болуы керек. Әрине, бұл бастаманы қолдаймыз. Бірақ сатып алынатын автобустар ыңғайлы және сапалы болуы керек, – деді облыс басшысы.

◆ СЕССИЯ

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс 63 сессиясы өтті. Онлайн режимінде өткен жиында бірнеше мәселе қаралды. Алғашқы мәселе «Алматы облысының 2020 – 2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №55-282 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында өрбіді. Жиынды облыстық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Серік МҰҚАНОВ жүргізді.

Толықтырулар мен өзгерістер енгізілді

Гүлжан ТҰРСЫН

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 желтоқсандағы «2020 – 2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы № 908 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 742 қаулысының жобасына сәйкес республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің сомасы жалпы алғанда 14,4 млрд. теңгеге азайтылды, оның ішінде ағымдағы нысаналы трансферттер 13,4 млрд. теңге болып отыр, – деді облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов.

Жиында «Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы» шеңберінде бағалы қағаздарды шығару есебінен қаржыландырылатын жобаларды 15,9 млрд. теңгеге азайту жоспарланғаны айтылды. Басқарма басшысы өз сөзінде басқару органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және ұстауға жергілікті бюджеттен 29,1 млн. теңге бөлу ұсынылғаны жайында сөз етті. COVID-19 инфекциясының таралуына байланысты күн мен түнді алмастыра жұмыс істеген ішкі істер органдарының қызметкерлеріне сыйлық ақы төлеуге республикалық бюджеттен 365, 3 млн. теңге бөлінген Баяндамашының айтуынша, денсаулық сақтаудың ағымдағы шығындарына жергілікті бюджеттен қосымша 903,6 млн. теңге бөлу жоспарлануда. Оның ішінде ПТР зертханасын сатып алуға 150 млн. теңге, дизель электр стансысын сатып алуға 7,2 млн. теңге қарастырылуда.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бойынша жергілікті бюджеттен шығыстарға 276 млн. теңге қарастыру жоспарлануда.

Сессияда төтенше жағдай режимі кезінде коммуналдық қызметтер үшін халықтың төлемдерін өтеуге 73,3 млн. теңге, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар өткізуге қосымша 7 млн. теңге бөлу жоспарланғаны сөз болды. Мұның сыртында ауылшаруашылығын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, халықты баспанамен қамтуға қаржы бөлінетін болып шешілді. Коронавирустық індетпен күресте жан алып, жан берген дәрігерлер қауымына да ақшалай қолдау көрсетілетіні айтылды.

Сессияда құқықбұзушылықтың алдын алу, облыс бойынша адамдарды шетке заңсыз әкетуге, сатуға қарсы күрес мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссияның дербес құрамын бекіту жайы әңгіме өзегіне айналды.

◆ ІНДЕТ

Қатаң бақылауда

Қазір әлем жұртшылығы басынан ауыр мезетті өткеруде. 2020 жыл дүниежүзі халқына орасан көп сынақпен келгені мәлім. Соның бірі – коронавирус індеті.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ

Аспанасты елінен шығып, аспанның астын түгелдей жайлаған дертпен күрес барлық мемлекетте қарқынды әрі жедел жүргізіліп жатыр. Сырқаттар санын азайту, вирустың таралуын тежеу шараларына қыруар қаржы да жұмсалуда. Әрекет мол болғанымен әлі де нәтиже көңіл қуантарлықтай емес. Себебі, сақтық шараларына немқұрайды қарайтын тұрғындар бірде тойда, бірде жиында, енді бірде қоғамдық орындардағы топтасып жүріп, індеттің жайылуына кеңінен жол ашып отыр. Қарапайым арақашықтық сақтау және бетперде тағу сынды ережелерді де сақтамайтындар бар.

Мемлекет тарапынан тәжвирусымен күрес толыққанды жүргізілуде. Қоғамдық орындар мен адамдар көп шоғырланатын жерлерді залалсыздандыру, медицина саласына жіті көңіл бөлу, дәрі-дәрмектер мен бетперде жеткіліксіздігіне жол бермеу сынды жұмыстар жүйелі атқарылуда.

Тәжвирусының алғашқы ошағы саналар Қытай мемлекетімен иық тіресіре орналасқан Алакөл ауданында ықтимал екінші толқынға деген дайындық қарқынды жүргізілуде. Соның бір айғағы, Алакөл-Өскемен тас жолының 601 шақырымында ауданымыз бен ШҚО қиылысатын тұсқа арнайы санитарлық бекет қойылуы. Аталған бекетте әскери бөлім, аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының, обаға қарсы күрес бөлімінің, аудандық орталық аурухана мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері кезекшілік етуде. Оларға барлық жағдай жасалынған.

Бекетке келген әр көлік залалсыздандырылып, адамдар пирометрлер арқылы дене қызуына тексеріс-тен өтуде. Және де жолаушылардан сауалнама алынып, сақтық шаралары да қарастырылуда. Сонымен қатар жұқпалы аурулар бөліміне 10 төсек қосымша алынды. Екінші кезеңге төсек қорын көбейту мақсатында 330 орынға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Айта кетсек, әскери лазеретте 150, Қабанбай ауылдық бөлімшесінде 60, Достық ауруханасында 70 және аудандық орталық ауруханаңың жұқпалы аурулар бөлімінде 50 төсек әзірленуде.

Карантиндік шараларды бақылау және инфекцияның таралуын тежеу мақсатында аудандық жұмыс тобы да құрылған.

– Топ жұмысының барысында карантиндік іс-шараларды орындауда кеткен кемшіліктер негізінде 8 жеке кәсіпкерге хаттама толтырылып, аудандық сотқа жіберілді. Мамыр айынан бері барлығы 1423 нысан тексеріліп, 457-сіне ескерту берілді. Карантиндік шараларды бұзғаны үшін 64 жеке тұлға мен 2 жеке кәсіпкер жауапқа тартылды. Оның ішінде 62 азаматтан 3 млн. 182 мың теңге көлемінде қаражат өндірілді және 2 іс сот орындаушыларға жіберілді. Қазіргі таңда екінші толқынға деген дайындық жоғары дәрежеде. Қажетті аппараттар алынып, ауданның жомарт азаматтары да біраз көмегін тигізді. Бүгінде 58 оттегі концентраторы, 17 ИВЛ аппараты, 180 пульсоксиметр, 70 пирометр бар. Ауруханада оттегі стансысы қалыпты жұмыс істеп тұр. Дәріханаларда дәрі-дәрмектің 4 айлық қоры жасалған. Осы күнге дейін ауданда тәжвирусын жұқтырған 252 жағдай тіркелді. Олардың 242-сі толықтай емделген, біреуі жұқпалы аурулар бөлімінде жатса, 9-ы үй жағдайында оқшауланған, – дейді Алакөл аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Жанат Нүсіпова.

Алакөл ауданы

Әр мақаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы — өзіміздің «Жетісуға» жазылайық!

БАСПАСӨЗ – 2021



Бірінші жартыжылдыққа жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	4855,68	5165,28	9711,36	10330,56
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3069,36	3378,96	6138,72	6757,92
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3216,96	3526,56	6433,92	7053,12
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3367,44	3677,04	6734,88	7354,08

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

«Jetisýdyń» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Редакцияға келіп балама жазылу:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	4000	8000
Зейнеткерлер үшін	2200	4400
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2300	4600
Жалпы жеке жазылу	2500	5000

Электронды форматтағы жазылу:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	3600	7200
Зейнеткерлер үшін	1850	3700
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1950	3900
Жалпы жеке жазылу	2000	4000

Баспасөзге жазылу бойынша сұрақтарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
8 (728)2 40 20 69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№138
(18846)

Сейсенбі,
8 желтоқсан,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆ЖАЙДАРМАН



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

СТУДЕНТТЕР ҮЙІ АШЫЛДЫ

Талдықорған қаласында қос қуаныш орын алды. Екі бірдей оқу орнының Студенттер үйі қолданысқа берілді. Алғашқы болып лентасы қиылған Талдықорған жоғары политехникалық колледжі Студенттер үйінің ашылу салтанатына облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып, ізгі тілегін жеткізді.

Алма ЕСЕНБАЕВА

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасы» аясында және студенттерге жайлы жағдай туғызу мақсатында облысымыздың 9 білім мекемесіне арнап 1718 орынды қамтитын 9 жатақхана салу жоспарланған болатын. Осы орайда Жетісу университетіне қарасты бір Студенттер үйі және Қаратал ауданы Бастөбе ауылындағы сервистік-техникалық колледжінің жатақханасы қолданысқа берілді. Міне, бүгін Талдықорған қаласындағы жоғары политехникалық және медициналық колледждерінің Студенттер үйін пайдалануға беріп отырмыз. Жатақханаларды салу үшін облыстық бюджеттен 4,4 млрд. теңге бөлінді. Бұл талдықорғандық жастар үшін үлкен сый деп білемін, – деді. Бұдан соң жоғары политехникалық колледжінің директоры Ерхат Мұқажановқа ғимарат кілтін салтанатты түрде табыс етті.

Аталмыш оқу орнында 2,5 мыңға жуық студент білім алуда. Колледжде 200 орынды жатақхана болғанымен, ол студенттердің сұранысын толық өтей алмаған. Қолданысқа берілген 200 орынды жаңа Студенттер үйі жатақханаға зәрулік мәселесін толығымен шешіп отыр.

Есігін айқара ашқан Студенттер үйінде жастардың алаңсыз білім алуы үшін барлық жағдай жасалған. Бес студентке ортақ ас бөлмесі, компьютерлі кітапхана, медициналық бөлімше, жатын бөлмелер, бәрі талапқа сай жабдықталған.

Жұмысты сапалы орындаған «Сем-Шоғы Құрылыс-Сервис» ЖШС құрылыс компаниясына да оқу орны ұстаздары мен студенттерінің айтар алғысы шексіз.

Қазіргі таңда қашықтан білім беріліп жатқандықтан Студенттер үйінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған 25 және инклюзивті топта білім алатын 8 жас орналасқан.

Талдықорған жоғары медициналық колледжі Студенттер үйінің де ашылу рәсіміне қатысқан облыс басшысы жиналғандарға құттықтауын жеткізді. Облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт лентасын қиған соң жатақхана ішін аралап көріп, жастарға барлық жағдайдың жасалғанына тағы бір мәрте көз жеткізді.

– Құрылыстың басы-қасында жүріп, заманауи, талапқа сай болуына, әрбір жиһаздың, тұрмыстық техникалардың дұрыс таңдалып, орналасуына мән бердім, – деген Амандық Ғаббасұлы бірінші қабаттың мүмкіндігі шектеулі балаларға беріліп отырғандығына ризашылық білдірді. Бес қабатты ғимарат құрылысын «Жөндеу құрылыс» ЖШС жүргізген. Әр қабатта оқуға даярлық, демалыс, кір жуу, үтіктеу бөлмелері бар. Бірінші қабатта 20 адамға арналған асхана орналасқан. 280 орынды Студенттер үйі жатақханаға зәру студенттердің сұранысын толықтай қанағаттандырып отыр. Бұған дейін қолданыста болған ескі жатақхана ғимараты ендігі кезекте оқу-тәжірибе кешеніне айналмақ.

Кең де жарық, жайлы әрі жылы жатақхананың жастар көңіліне қуаныш ұялатқанын көрудің өзі бір ғанибет. Студенттер үйі атына заты сай, алдағы уақытта жастар игілігі үшін қызмет ете бермек.

◆ӘКІМ ЕСЕБІ

ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР ЖЕМІСТІ ІС КЕПІЛІ

Талдықорған қаласының әкімі Ғалымжан ӘБДІРАЙЫМОВ облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ алдында алдағы уақытта атқарылатын жобаларды тағы бір мәрте қорғады. Облыстық әкімдіктің фойесіне қаз-қатар тізілген стендтерге қарасаң қарқынды істердің атқарылып жатқанын көруге болады. Келесі қадамға жоспарланған жобалардың да ауқымы керемет. Онда әр жобаның техникалық құжаттандырылуы, керекті қаржы мөлшері, басталатын және аяқталатын мерзімі, тұрғындардың әлеуметтік әлеуеті мен қаланың көркеюіне қосатын үлестері тәптіштеп көрсетілген. Алайда олардың бірқатары облыс басшысы тарапынан қолдау тапса, енді бірқатары сараптамадан өтпей қалды.

Қажет АНДАС

Жалпы, Талдықорған қаласы аймағымыздың айнасы іспетті. Кейінгі жылдары істелген тынымсыз жұмыстың нәтижесінде облыс орталығы адам танымастай өзгеріп, түрленіп шыға келді. Қала көшелері жөнделіп, жаңа шағынаудандарда қаз-қатар тұрғын үйлер бой көтеріп, маңызды нысандар күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізіліп, жұрттың ризашылығына бөленді. Сол қатарда 6,7-шағынаудандардағы жақсы жағдайды ауыз толтырып айтуға болады. Бұл игілікті іс алдағы уақытта да жалғасып, 8, 9, 10-шағынаудандардағы жаңалықтар қуанышымызды еселей түседі деп үміттенуге болар еді. Бірақ облыс әкіміне таныстырылған, келесі жылдан бастап құрылыс жұмысы жүргізіледі деп күтілген 9-шағынауданның жобасы орынды сынға ұшырады. Жаңа ауданда құрылыс жұмысы басталады деп болжанған тұрғын үйлердің көркемдігі жаңға жайлылығы заманауи тартымдылығы талапқа сай болмай шықты. Облыс әкімі әр жиналыс сайын қала басшылығы мен бөлімдерге қадағалап тапсырып отыратын 6,7-шағынаудандарды абаттандыру жұмысы да мүлде қолға алынбағаны айтылды. Биыл қала көшелерінің айналасын көркейту жұмысы жүйелі жүргізілмегені былай тұрсын, облыстағы ең таңдаулы делінген 28 IT орта мектеп-лицейі, «Көктем гранд» қонақүйі, музыкалық мектеп, облыстық театр ғимаратының аралығындағы атшаптырым аумақ ала жаздай шаңы бұрқырап аспанға ұшып жатқанына көзінің қиығы түскен адам болмады. Картадан сол жерді шұқып тұрып көрсеткен облыс басшысы:

– Осы жерді дала қылып қоймай, абаттандырудың жоспарын ұсыныңдар, тиісті қаржысын бөліп, көмектесейін деп қанша мәрте тапсырдым. Жыл бойы селт еткен жоқсыңдар. Қалаға келген қонақтар мен ары-бері жүретін жүргіншілердің көзіне бірден түсетін жерді абаттандыру туралы бір ұсыныс жасалмады, – деп ренжіді.

Келесі стендке орналасқан «Қаратал» шағынауданындағы инфрақұрылымды жаңартуға қатысты жобаның да шикілігі көп болып шықты. Қала әкімдігі тарапынан ол маңға салынатын бірқатар құрылыстың нобайы жасалыпты. Солардың қатарынан "Қаратал" шағынауданында салынатын IT орта мектеп-лицейдің жобасы ғана облыс әкімінен қолдау тапты демесек, басқаларының ешқандай да әлеуметтік маңызы болмай шықты

Кейінгі жылдары қаламыздың аумағы өсіп, қала маңындағы елді мекендерде ауқымды жұмыстар атқарылды. Әсіресе, Ынтымақ, Жастар 1, Жастар 2, Жастар 3, Жастар 4 сияқты елді мекендерге қоныстанған тұрғындардың саны артуына байланысты келеңсіздіктер де қордалана түсіпті. Ең алдымен, аталған жерлердегі жол мәселесі әлі де өзекті болып тұр. Сонымен қатар, электр, су, газ желілерін тарту барысында да қиындық жетіп-артылады. Қала әкімі тарапынан бұл бағытта жүйелі жоспар жасалып кететін қаржы мөлшері есептеліп, техникалық құжаттандыру мәселесінің шешіліп жатқаны айтылды. Бұл жұмыстарды облыс әкімі құптағанымен Жастар 1 елді мекеніндегі су желісін тартуға байланысты орын алған мәселе облыс басшысының назарын аударды. Өйткені, кезінде бұл елді мекендегі жер телімдері жоспарсыз жекешеленіп, су құбыры өткен жердің үстінен 15-ке жуық тұрғын үй салынып кеткен. Осы іс бүгінгі таңда қала маңындағы елді мекендерге су, электр, газ желісін жүргізуге кедергі келтіріп отыр. Оның жай-жапсарын анықтап білген облыс әкімі түйткілді нақтылы анықтап, су құбыры өткен жер телімін кімдердің заңды тұлғаларға заңсыз үлестіргенін біліп, нақты шешім шығаруды құқық қорғау саласының мамандарына тапсырды.

Қала тұрғындарының мазасын кетіріп жүрген, мерзімі өтіп, тұруға жарамсыз қауіпті үйлердің мәселесін тез арада шешуге арналған жоба облыс басшысының қолдауына ие болды. Қала әкімінің есебіне қарағанда, қалаға қарасты 3 бөлімше, Шевченко және Абылайхан, тағы да басқа көшелердің бойына орналасқан әлеуметтік нысан мен тұрғын үйге орналасқан жүзге жуық пәтер иелері мүлде жарамсыз үйлерде тұрып келеді. Оларды қауіпсіз баспанамен қамтамасыз етудің жобасы жасалып, шығын көлемі нақтылы есептеліп, қауіпті үйлердің тұрғындарын баспанамен қамтамасыз етіп, қаланы қауіпті үйде тұратын тұрғындары жоқ жағдайға жеткіземіз, – деді облыс әкімі.

Ең бастысы, аймақ басшысы қаладағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының жұмысын жандандаруға бағытталған, жалпы құны 18,1 млрд. теңге болатын 48 жобаның атқарылуына қолдау танытатынын білдірді. Ол қатарда сумен жабдықтау жүйесі, қала маңындағы саяжайларды тұрғын үй секторына ауыстырып, оларға электр, су, газ желілерін тарту, көмірмен қыздырылатын жылу қазандықтарын табиғи газға ауыстыру, қала көшелерінің жағалауын абаттандыру, қаланы көркейтуге қажетті заманауи құрал-жабдықтар мен техникаларды жаңадан сатып алу сынды таңдаулы жобалар бар.

– Әрине, қаланы көркейтуге керекті құрал-жабдықтар мен жаңа техникаларды толық сатып алып береміз. Бірақ келесі көктемнен бастап қала жолдарының айналасы реттеліп, аулалар абаттандырылып, көпжылдық шөп пен ағаштар отырғызылып, жұмысы жүйелі қолға алынуы керек, – деп тапсырды Амандық Ғаббасұлы.

Тағы бір айта кетерлігі, алдағы уақытта білім беру нысандарын ағымдағы, күрделі жөндеуден өткізу және жаңа білім нысандарын салуға қатысты оннан астам жоба дайындалған. Олардың бәрі облыс әкімінің көңілінен шықты. Алдағы уақытта тиісті құжаттарын реттеп, дайындық жұмысын жүргізе беруге тапсырма берді.

Қала әкімдігі тарапынан ұсынылған жобалардың бәрімен толық танысып, бірін қолдап, енді біріне сын айтқан облыс басшысы соңында көпшілікке:

– Бәріңізге белгілі, бүгінгі күнге дейін қаланың орталық аумағын абаттандыру мен инфрақұрылымын реттеу барысында қыруар жұмыс атқарылды. Ал қала маңында әлі де реттеуге тиісті жұмыс жетерлік. Сондықтан қала басшылығы алдағы уақытта қаланың барлық жағдайын толық зерделеп, қаланың өркендеуі мен тұрғындардың жақсы өмір сүруі үшін кедергі келтіретін келеңсіздіктерді толық анықтап, оны реттеуге қатысты жоспарды тағы бір пысықтап шығуы тиіс. Егер өтімді ұсыныс болса, облыстық әкімдік тарапынан кез келген уақытта қолдау танытуға дайынбыз, – деп түйіндеді сөзін Амандық Ғаббас - ұлы.

Жоспар жүйелі болса, жұмыс нәтижелі болады. Кемшіліктерден сабақ алып, олқы тұстарды жетілдірген де ғана әр істен нәтиже шығаруға болады. Қала әкімінің есебі осы жайды ұғындырды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2020 жылдың 15 желтоқсанында Алматы облыстық мәслихатының кезекті 64-сессиясы (онлайн режимінде) өткізіледі

Күн тәртібінде келесі мәселе қаралады:
Алматы облысының 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы.
Басталу уақыты: 11.00

◆ COVID–19

ОТТЕГІ СТАНСЫСЫ ҚОЙЫЛДЫ

Кеген ауданында коронавирустың екінші толқынына қарсы қажетті іс-шаралар қолға алынып, тиісті жұмыстар жүргізіліп келеді.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Жалпы, Алмас Тілеулиев жетекшілік жасайтын аудандық орталық аурухана тәжтажалдың екінші толқынына дайын деуге болады. Екінші деңгейлі жұқпалы аурулар бөліміне 10 төсек қойылған. Қосымша 15 төсек бар. Оның бірі – реанимациялық төсек. Қажет болған жағдайда емхана ғимаратындағы төсектер саны алпысқа дейін ұлғайтылады. Инфекциялық аурулар бөлімі емхана ғимаратының екінші қабатына орналастырылғандықтан медицина қызметкерлеріне арналған бөлмелер қайта жабдықталды. Жуынатын орындар әзірленді.

Жақында емхана ғимаратына 50 нүктелік оттегі стансысы қойылды. Жалпы, аурухана екі айға жететін дәрі-дәрмек қорымен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда ауруханада 61 дәрігер, 246 медициналық қызметкер еңбек етуде. Сөз орайында айта кету керек, аудандық аурухана заманауи жылжымалы медициналық кешен, жаңа "Жедел жәрдем" көлігімен қамтамасыз етілді. Аудан әкімі Талғат Байеділов емхана ғимаратына қойылған оттегі стансысының іске қосылуына қатысып, дәрігерлер ұжымына жүрекжарды тілегін жеткізді.

Кеген ауданы

БАСПАСӨЗ – 2021

Әр маңқаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы–өзіміздің «Jetisý»га жазылайық!

Бірінші жартыжылдыққа жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	4855,68	5165,28	9711,36	10330,56
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3069,36	3378,96	6138,72	6757,92
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3216,96	3526,56	6433,92	7053,12
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3367,44	3677,04	6734,88	7354,08



Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

«Jetisýdyń» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Редакцияға келіп балама жазылу:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	4000	8000
Зейнеткерлер үшін	2200	4400
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2300	4600
Жалпы жеке жазылу	2500	5000

Электронды форматтағы жазылу:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	3600	7200
Зейнеткерлер үшін	1850	3700
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1950	3900
Жалпы жеке жазылу	2000	4000

Баспасөзге жазылу бойынша сұрақтарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
8 (728)2 40 20 69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.



ӘЛ-ФАРАБИ:

Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың аражігін ашуына көмектесетін күш.



АБАЙ:

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: біріншісі – зор билік, екіншісі – есепсіз байлық.



Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Jetisý

№ 140
(18848)
Сенбі,
12 желтоқсан,
2020 жыл

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆МАРАПАТ



«АЛТЫН САПА» СЫЙЛЫҒЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

Тәуелсіздік күніне орай Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығының жеңімпаз-лауреаттары марапатталды. Аталмыш шара Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Премьер-Министр Асқар МАМИН, «Атамекен» ҚР ҰКП төралқа төрағасы Тимур ҚҰЛЫБАЕВ, «Атамекен» ҚР ҰКП басқарма төрағасы Абылай МЫРЗАХМЕТОВ, министрлер ҚР Парламентінің депутаттары, орталық мемлекеттік органдар мен республикалық кәсіпорындар басшыларының қатысуымен өтті.

Қажет АНДАС

Жеңімпаздарды Мемлекет басшысы тікелей эфир арқылы құттықтады.

– Қымбатты жеңімпаздар, баршаңызды «Алтын сапа» байқауының мәреге жетуімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл үздік өнім өндірушілерді ұлықтайтын маңызды іс-шара. Тәуелсіздік жылдарында мемлекет қолдауымен отандық кәсіпкерлердің жаңа легі қалыптасты. Олар ұлттық экономиканың басты қозғаушы күшіне айналды. Индустрияландыру кезеңінде елімізде 1300-ден астам жаңа өндіріс іске қосылды. Нәтижесінде бұрын өндірілмеген көптеген тауар шығарыла бастады. Сондай-ақ, 200 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Азаматтарымыз заман талабына сай жаңа кәсіптерді игеруде. Осының бәрі халқымыздың әл-ауқатын және бәсекелестік қабілетін арттырады. Біздің мақсатымыз – Қазақстанды қуатты мемлекетке айналдыру. «Алтын сапа» байқауына қатысқан барлық бизнес өкілдеріне алғыс айтамын. Өндірген өнімдеріңіз елімізде ғана емес, әлемдік нарықта да үлкен сұранысқа ие болатынына сенемін, – деді ол.

Мемлекет басшысы көпшілікке жүрекжарды лебізін білдіріп, жұмыстарына сәттілік тілеген соң Алматы қаласындағы «КЕЛЕТ» АҚ «Үздік индустриялық жоба» номинациясы бойынша, «KSP Steel» ЖШС Павлодар облыстық филиалы «Үздік инновациялық жоба» номинациясы бойынша «Алтын сапа» сыйлығының лауреаты атанғанын жеткізді. Оларға марапатты Мемлекет басшысы атынан ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин тапсырды.

Ел экономикасын өркендету үшін өндірілген өнім мен көрсетілетін қызметтің сапалы болғаны жөн. Осы бағытта жұмыс атқаратын кәсіпорындардың күнделікті шығарған өнімі үнемі тексерістен өтіп, сапасын арттырып отыру назарда ұсталады. Сондықтан да бизнес құрылым жетістікке жету жолдарын үнемі жетілдіріп отыруы керек.

Шара аясында жеңімпаздар «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын», «Халыққа арналған тауар шығаратын үздік кәсіпорын», «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын», «Азық-түлік тауарлары және ауылшаруашылық өнімдерін шығарушы үздік кәсіпорын» аталымдары бойынша, ірі, орта және шағын кәсіпкерлік субъектісі санаты бойынша анықталды. Сонымен қатар «Алтын сапа» сыйлығының «Үздік индустриялық жоба», «Үздік инновациялық жоба» арнайы сыйлығы берілді. «Ұлы Дала елі» ортақ брендін иелену байқауының жеңімпаздары және «Іскер» арнайы сыйлығының 2020 жылғы лауреаттары анықталып, Supplier of the Year – 2020 байқауының «Бизнес кемелділік» сыйлығы табысталды.

Марапаттау салтанаты барысында өнімнің сапасы мен қызмет көрсету саласындағы жетістіктері үшін берілетін «ТМД сыйлығы» байқауының 2019 жылғы (байқау 2 жылда бір рет өткізіледі) дипломанттары мен «Аруана» бизнес құрметі» сыйлығының иегерлері аталды. Сол қатарда аймағымыздан «Kaz Organic Product» ЖШС «Ұлы Дала», балық өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және сатумен айналысатын «Рыбпром» ЖШС «ТМД сыйлығы», жол-құрылыс материалдарын шығаратын «Максдорстройсервис-21» ЖШС «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын» номинацияларының жеңімпазы атанып, жетісулықтардың мерейін өсірді.

Еліміздегі шағын және орта бизнес нысандары арасынан облыстағы үш кәсіпорынның жеңімпаз атануы қуанарлық жағдай. Бұл аймағымыздың орта және шағын бизнес саласындағы әлеуеті мен өндіріліп жатқан өнімдердің сапалық өлшемінің де жоғарылығын көрсетеді.

Нұр-Сұлтанда өткен марапаттау салтанатына онлайн режимде қатысқан облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** салтанатты жиыннан соң облыстық басқарма басшылары мен орта және шағын бизнес өкілдеріне аймағымыздың осы саладағы жетістіктерін әңгімелеп, алдағы уақытта да жетістікті молайту жолында тыңғылықты жұмыс атқару керектігін тапсырды. Сондай-ақ, ҚР Президентінің «Алтын сапа – 2019» байқауында жеңімпаз болған кәсіпорын басшыларына өз атынан алғыс білдіріп, заттай сыйлық тапсырды.

Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің отырысы өтіп, еліміздің барлық аймағы жиынға онлайн қатысты. Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында өткізілген кеңес отырысын ашып, жүргізіп отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ алқалы жиында бірнеше мәселе қаралатынын жеткізіп, алғашқы мәселе – Қазақстан халқы Ассамблеясының биылғы жылы атқарған жұмыстары туралы баяндама жасау үшін сөз кезегін Мемлекеттік хатшы Қырымбек КӨШЕРБАЕВҚА берді.



ЛАЙЫҚТЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Мәди АЛЖАНБАЙ

Баяндамашының айтуынша, күллі әлемді абдыратып тастаған биылғы жыл еліміз үшін елеулі оқиғаларға толы болды. Атап айтсақ, Ұлы Даланың айтулы тұлғалары Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және әлемнің екінші ұстазы саналған әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойлары, ҚР Конституциясының және Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдық белестері аталды. Енді келер жылдың басында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау науқаны тұр.

– *Халқымыздың бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыратын бұл атаулы даталар мен мәдени-саяси шаралар отандастарымызды Тәуелсіздікті нығайтуға жұмылдыруға серпін береді деп сенеміз,* – деген Қырымбек Елеуұлы Қазақстан Республикасының көпұлттылық татулықты сақтаудағы тиімді саясатын атап өтті. – *Жеңелден «бірлік болмай тірлік болмайды» деген сөзді басты бағдар еткен халқымыздың асыл қасиетін ұстанған тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің сарабдал саясатының арқасында елімізде этносаралық татулықтың бірегей үлгісін қалыптастырды. Қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы тағылымы мол, саяси дәстүрді сабақтастырып, ел бірлігін ең басты стратегия ретінде жүргізіп отыр.*

Біріншіден, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық жаңғырудың өзегіне айналуы тиіс. Қазақстандық қоғамды өзгерістерге дайындау индексі өте жоғары. Осы сәт ұлтты ұйыстырудың, сақтаудың, тәрбиелеудің, жаңа формацияға бейімдеудің нағыз уақыты. Екіншіден, ұлттық жаңғырудың басында мемлекеттік тіл мәселесінің тұрғаны рас. Соңғы есептер бойынша әрбір екі апта сайын әлемдегі екі мың тілдің бірі өліп жатады. Тілдің даму эволюциясына назар аударайықшы. Тәуелсіздік алған алғашқы елең-алаң кезеңде қазақ ұлтының саны 39 пайызды құрады. Сөйтіп, біз өз жерімізде тұрып, Ата Заңнан мемлекеттік тілге мәртебе сұрауға мәжбүр болдық емес пе?! Өйткені, ең бірінші тәуелсіздікті сақтау қажет еді. Тіл мәселесін саяси жағынан ушықтырмай, ішкі-сыртқы сілкіністерге жол бермей, кезең-кезеңімен шешіп келдік. Қазір жағдай өзгерді. Бүйырса, жақында халқымыздың саны 19 миллионға, қазақ ұлтының үлесі 72 пайызға жетеді.

Кеңесте қаралған келесі мәселе бойынша алдағы қаңтардың 10-ы күні өтетін ҚР Парламенті Мәжілісіне Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан ұсынылатын 9 кандидаттың тізімі таныстырылып, қатысушылардың қолдауына ие болды. Одан соң жарыс-сөзге шыққан Парламент Мәжілісінің депутаты Шәкір Хахазов, «Қырғызстан-Астана» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Шавхат Исмаилов, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ-ның басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі кезекпен сөз алып, ұсынылған кандидаттарды қолдайтындықтарын жеткізді.

◆САМҒАУ — 2020

Б. Римова атындағы облыстық драма театрында «Самғау» журналистер сыйлығының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті. Ақпарат аламанында топ жарған журналистерді облыс әкімінің орынбасары Рустам ӘЛИ арнайы құттықтады.

Еңлік АРЫҚБАЙ



АҚПАРАТ АЛАМАНЫНДА ТОП ЖАРҒАНДАР

Жұмыс уақыты сегіз сағаттың шеңберіне сыймайтын, күнтүн демей жұмыс істейтін журналист еңбегі бағалауға лайық. Сондықтан, «Самғау» байқауы тілшілерді ынталандырудың бір жолы деуге болады.

Алдымен арнайы дайындалған бейнематериал көпшілік назарына ұсынылды. Бейнесюжетте журналистердің жанкешті еңбегі, ақпарат дайындаудың қызығы мен шыжығы, халық пен билік арасына көпір орнатып, келелі ойымен, шешен де шымыр сөзімен сан тақырыпта материал ұсынатын тілшілердің күнделікті жұмысы паш етілді. Бейнекөрсетілімде қазақ журналистикасында орны ерек, халықтың сүйікті перзентіне айналған Бейсен Құранбектің, өнір баспасөзіне елеулі үлес қосқан Ғалым Жазылбеков пен Гүлжиян Сүлейменованың жарқын бейнелері де айтылып, көпшіліктің көзіне жас алдырды. Шарада өмірден өткен журналистер еске алынып, бір минут үнсіздік жарияланды.

Көрсетілімнен кейін облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли жеңімпаздарды құттықтады. Ол өз сөзінде облыс әкімі Амандық Баталовтың ыстық сәлемін жеткізіп, әкімдік тарапынан БАҚ саласына қолдау үнемі жалғаса беретінін айтты.

– Облыс әкімі журналистерге арналған «Самғау» байқауына үнемі қолдау көрсетіп келеді. Алғашында 7 аталым бойынша өткізілсе, қазіргі таңда байқаудың аясы кеңейе түсті. Бүгінде 11 номинация бойынша БАҚ қызметкерлері марапатталады – деген облыс әкімінің орынбасары ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына тоқталды. Рустам Әли аталған тұжырымдаманы жүзеге асыруда журналистердің ықпалы зор екенін сөз етті.

– «Самғау» байқауы қолға алынған кезде ерекше қолдау білдіріп, ризашылық танытқан Бейсен ағамыз еді. Келесі жылдан бастап біз «Самғау» байқауына тағы бір аталымды қосуды жоспарлап отырмыз. Ол – Бейсен Құранбек аталымы. Бұл номинацияға әлеуметтік тақырыптағы материалдар қабылданатын болады, – деп Рустам Әли тың жаңалығымен бөлісті.

Әкім орынбасарының ақжарма сөзінен кейін марапаттау рәсімі басталды. Өңіріміздегі журналистер үшін жылдың басты сыйлығы саналар «Самғау» байқауы 11 аталым бойынша өтті. Аталған байқауға Жетісудағы журналистерден 118 өтінім қабылданған. Дегенмен, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар саналғандар санатында бұқаралық ақпарат құралдары саласының 33 қызметкері бой көрсетті.

Айта кетерлігі, ғасыр асқан «Жетісу» газетінің биыл да бағы жанып, мәртебесі өсті. Олай дейтініміз, ата басылымның бірқатар қызметкері «Самғау» байқауының жүлделі орындарын иеленді. Мәселен, «Үздік желілік басылым» аталымы бойынша «Жетісу» газеті сайтының веб-редакторы Қуаныш Тұңғатар, «Үздік фотосуретші» аталымы бойынша фототілші Аслан Қажеке, «Баспа басылымның үздік дизайны, инфографика» номинациясында Аятхан Әбділдаева жүлделі 3-орын иегерлері деп танылса, аға фототілші Жұмабай Мұсабеков 2-орынды иеленді. Одан бөлек, «Баспа басылымның үздік дизайны, инфографика» номинациясының 1-орнын газетіміздің беттеуші-дизайнері Мөлдір Мұраталинова алды. Ал «Үздік блогер» аталымында газетіміздің журналистері Қажет Андас пен Мәулен Әнербай жүлделі 2 және 3-орыннан көрінді. Байқаудың үздік үштігінен көрінген жеңімпаздардың барлығына ақшалай сыйлық берілді.

Биыл «Үздік журналист» аталымы бойынша «Айқын» газетінен Болат Абағанға бірінші орын берілді. «Үздік тележурналист» аталымына «Жетісу» телеарнасынан Сәния Байтарова лайық деп танылды. «Жетісу» телеарнасының қызметкерлері Мұхит Тоқтасын, Шалқар Құсайынов, Ерлан Ошақбаев, Қарасай аудандық «Заман жаршысы» газетінің фототілшісі Ерлан Әлиасқаров, «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Әсет Қалымов, «Кербұлақ жұлдызы» газетінің бас редакторы Ләйлә Оңалбаева, Үйғыр аудандық «Қарадала тынысы – Қарадала нәпәси» газетінің бас редакторы Анар Дүйсенбаева, Karasayinfo.kz сайтының веб-редакторы Атлана Исаева үздіктердің қатарынан көрінді.

Айтулы шарада халықаралық байқаудың жеңімпазы, қазақ ән әлемінде есімі енді әйгіленіп келе жатқан кішкентай қыз – Қарақат Башан, басқа да танымал жұлдыздар өнер көрсетті. Салтанатты шара соңы арнайы концерттік бағдарламаға ұласты.

ҰЛЫ ДАЛА, АЗАТ КҮН, ДӘҰІР ЖӘНЕ ТҰЛҒА

Ұлттық тарихымыздың жұлдызды айы – қыстың басы желтоқсан келіп жетті. Жалпы халқымыз үшін Желтоқсан айының орны ерекше. Әсіресе өткен ғасыр үшін. Мысалы, 1917 жылғы желтоқсанда Алашорда үкіметі құрылса, 1936 жылғы желтоқсанда Ресей құрамындағы автономиялы республика – Қазақстан одақтас республика мәртебесін иеленді. 1986 жылғы әйгілі Желтоқсан көтерілісі кеңестік кеңістікті дүр сілкіндірді. 1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық сайлаумен Н. Назарбаев Қазақстан Президенті лауазымына келсе, 16 желтоқсанда қазақ елінің мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. Жұлдызды ай дегеніміз осындай-ақ шығар?!

Бұл күнге жеткенше небір теперішті бастан өткеруге тура келді. Ашаршылық пен қуғын-сүргін миллиондардың тағдырын қиды. Жеріміздің асты-үстіндегі байлық аяусыз тоналды. Басқа да қиянаттар аз емес. Ғасыр соңындағы Қазақстанның экономикасы, саяси дербестігі, әлеуметтік құрылымы отарланған дамушы елдерге тән деңгейде тұрды. Мәскеудің жүгенсіз өктемдігі ұлттық болмыс пен сұранысты өрескел өктемдікпен таптады. Қазақ халқының рухани, тілдік, ділдік тұтастығына ыдырау қатері төнген еді. Мұның бәрі Елбасымыздың осыдан 21 жыл бұрын жариялаған «Тарих толқынында» кітабында тайға таңба басқандай бедерленген.

Түптеп келгенде Кеңестер одағын құраған 15 одақтас республиканың бірде-біреуі «біздің ел бақытты, жарқын қоғамда өмір сүріп жатыр» деп айта алмайтын. Ғасыр соңында күйреуге бет алған әрі адам баласы бұрынсоңды білмеген жойқын қару-жарағы бар кеңестік тоталитарлық режим адамзаттың қасіретіне айналды. Ал ол Қазақстанды да өзімен бірге құрдымға ала кетуі бек мүмкін еді. Тағдырымыз тығырыққа тіреліп, заманақыр көрінгендей шақта республикадағы билік басына Нұрсұлтан Назарбаев келді.

Турасын айтсақ, төрт мүшелге енді ғана толған, металлургиядай ауыр өндірісте құрыштай шыңдалған, ұлтаралық қатынастар мәдениетін бойына сіңірген Н. Назарбаевтың билікке келуін тағдырдың халқымызға берген сыйы десек құдайдың жөні болар. Ол комсомол мен партияның қатал сүзгісінен өтсе де таптық идеологияның дүмшесіне айналмаған еді. Ол социалистік экономиканың немен және қалай ауыратынын көзбен көріп, қолымен ұстағандықтан мемлекеттік меншікке табынудан, нарықты жатсынудан алыс тұрды. Ол әкімшіл-әміршіл жүйеде өссе де болашаққа бағдарды шынайы демократиядан, саяси, экономикалық, ұлттық егемендік пен алуантүрліліктен көрді. Ол бір күндік қызыққа алданбастан, Абай ұлықтаған «толық адам» қасиеттерін, әсіресе интеллектуалды ізденісті өзіне серік ете алды. Ол қиыншылықтарға қарсы жалғыз шыққан жеке батыр емес. Соңына ерген халқына, айналасына топтасқан, өзі жасақтаған командасына сенді.

Әрбір қадамы Орталықтың қарсылығына тап болып жататын. Бірақ Н. Назарбаев жауырды жаба тоқыған жоқ. 1991 жылғы 30 мамырда КСРО Президенті М. С. Горбачевтің қатысуымен өткен республикалық актив жиналысында экономикалық тоталитаризм мен әділетсіздікті аяусыз сынады. «Орталық, – деді ол, – жергілікті жерлердегі көңгіш «көсемдердің» көмегімен республиканы елдегі шикізат шылауына табан аудартпай айналдырып отырған өндірістің салаларын ғана күшті дамытып келді, қалпына келмейтін табиғат ресурстарын парықсыз әрі су тегін тонаумен болды. Ал бізге: «көмір қазыңдар, кен шығарыңдар, металл балқытыңдар, қалғанына қам жемеңдер, қазақстандықтарға қажеттің барлығын басқа жерден жеткізіп береміз!», – деді. Мен, тегі, осындай саясатпен ілесіп жататын экологиялық апаттар туралы айтып та тұрған жоқпын».

Содан бес-ақ жыл бұрын барша қазақ халқын ұлтшылдықпен айыптаған М. С. Горбачев үшін бұл тірідей отқа қақтағанмен бірдей жаза еді.

Тағдыранықтағыш сәтте Н. Назарбаевтай тұлғаны тарих сахнасына шығарған құдірет күші неде? Әрбір қазақстандықтың осы сұрақ айналасында өзіндік пайым-тұжырымы бар екені сөзсіз. Дегенмен бірнеше басты-басты факторды мен де қаперге сала кеткенді жөн санадым.

Біріншіден, түпжаратушының мырзалығымен, атананың тілегімен тұла бойына молынан дарыған терең ақыл, ыстық жүрек, қайтпас қайрат қатардағы қазақ баласын саясат пен биліктің, кемелдік пен көрегендіктің асқаралы биігіне көтерді. Тоғызыншы атасы Қарасайдан бері тарқамаған мемлекетшілдік, батырлық, шешендік, мол несібе, абырой-атақ бір әулеттің, тайпаның, өңірдің мәнді нышаны болудан асып, Қазақ елінің айшықты ерекшелігіне айналды.

Екіншіден, уақыт Н. Назарбаевты таңдады. Коммунистік теория мен практика, идеология мен құндылықтар құлдырай бастағанда Қазақстанның бірінші басшысы орнына лайықты азаматтар аз болған жоқ. КОКП-нің беделі төмендеп, экономикалық ахуал асқынып жатқан шақта ұлт республикасының басшылығына ірі индустриялы облыста, Үкімет басында ысылған, мықты шаруашылық ұйымдастырушысының келуі – қисынды да объективті құбылыс.

Үшіншіден, алдыңғы толқын елтұтқаның, яғни Д. А. Қонаевтың орнын басуға ең лайықты үміткер Н. Ә. Назарбаев екені Қазақстан коммунистерінің XVI съезінде сөйлеген сөзінен толық аңғарылды. Онда елдің жағдайы, алдағы міндеттер, номенклатураның моральдық-имани келбеті жаңаша ойлау тұрғысынан талданды. Шығып сөйлеген басқа шешендер ескі сүрлеуден аттай алмай қалды. Осылайша Қазақстан аспанында бұрынғыдан өзгеше жарық жұлдыз туды. Өзара қырқысып жатқан Кремль басшылары оны кеш байқады.

Сын сағатында ел басшылығы дамудың дұрыс жолын таңдай алды. Экономикалық өрлеу нарықтық қатынастарға көшумен жүзеге асатынын ашық жариялады. Практикалық іс-әрекетінде осыны басшылыққа алды, әлемдік тәжірибені зерделеді. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасын арттыруды үздіксіз жетілдіріп отырды. Сырттан инвестиция тарту күн тәртібіндегі маңызды міндет саналды.

Дегенмен, 90-шы жылдардың ортасына дейінгі ахуал өте ауыр еді. Бағаны ырықтандыру халықтың басым бөлігін кедей-кепшікке айналдырды, өнімнің 40 пайызына дейін жоғалды. 1994 жылы бағалар 19 есеге көтерілді. Басқа ұлт өкілдері Қазақстаннан көше бастады. Ұлы Даланың болашағына сенімсіздікпен қарайтындар әлемдік танымал тұлғалардың арасынан да табылды. Американдық саясаткер З. Бжезинский «Ұлы шахмат тақтасы» кітабында Қазақстанды «Еуразиялық Балканды» құраушы құрлықтың тұрақсыз және болашағы бұлыңғыр 9 елінің қатарына жатқызды, болашағы жоқ дегенге саятын тұжырымын жасырмады.

Бірақ бұлар КОКП билігі жүріп тұрған заманда Семей сынақ полигонын жапқан, 1992 жылы «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» еңбегімен алдағы 20 жылды дәлме-дәл болжаған, 1994 жылы Еуразиялық одақ идеясын, елорданы Сарыарқаның төріне көшіруді ұсынған «Назарбаев факторын» дұрыс бағалай алмаған екен.

«Қазақстан жолының» жасампаз әлеуеті 1997 жылы «Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдаумен барынша ашыла түсті. Тап осы жылы алғаш рет ЖІӨ 2 пайызға өсті. Ел экономикасының айтарлықтай бәсекелік қабілетке ие бола бастағаны 1997-1998 жылдардағы Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қаржылық дағдарысқа, 1998 жылғы Ресейдегі дефолтқа төтеп бергенінен көрінді. Дағдарысқа қарсы күрестің тәжірибесі 2000 жылы ҚР Ұлттық қорын құруға әкелді. Оған мұнайдан түскен қаржының бір бөлігі салына бастады. ТМД-да мұндай қорды бірінші болып Әзірбайжан (1999 ж.) құрған еді.

XXI ғасырдың басында экономиканы әртараптандыруға әрі шикізат бағытынан бас тартуға бағытталған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы қолға алынды. Екі кезеңі қомақты нәтиже әкелді, ең бастысы, 2007-2009 және 2014-2015 жылдарғы жаһандық дағдарыстардан елімізді көп шығынсыз алып шықты. Мұның бұлтартпас айғақ-дәлелі – кейбір мемлекеттердей дефолтқа да, банкротқа да ұшырамағанымыз.

Өзіне сенген Қазақстан 2012 жылы «Қазақстан – 2050» стратегиясын, 2015 жылы 100 нақты қадамнан тұратын «Ұлт жоспарын» жария етті. Ендігі мақсатымыз – ең дамыған 30 елдің қатарына кіру.

Қазірдің өзінде Қазақстанды бұрынғы Қазақстанмен салыстыру мүмкін емес. Тоталитарлық режим тұсында екінші университет ашуға құқымыз, қауқарымыз жоқ еді. Енді метро да саламыз, жаңа Астананы да әлемге таныттық. Мыңдаған жастарымыз дүниенің төрт бұрышындағы үздік оқу орындарында білім алуда. Шетел тілін игеру, қалаған елге сапарға шығу таңсық емес.

Мәселенің үлкені – алға озып кеткендердің сапына кім болып кіретініміз. Жаһандық деңгейде жүзеге асқан экономикалық, дипломатиялық, мәдени-рухани шаралар, әлемдік діндер өкілдерінің съездері, ЭКСПО-2017 – бәрі-бәрі ұлттың болмысына, қазақ мемлекетінің унитарлы құрылысына қылаудай нұқсан келтірген жоқ. Алдағы уақытта да осы биіктен түспеу аса маңызды. Мұнсыз жер бетіндегі өркениеттерді біріктіру және кіріктіру үстіндегі жаһанануға жұтылып кетеміз.

Қазақтың орыстанғанынан, қытайланғанынан, батыстанғанынан ұлтқа қылаудай пайда жоқ. Жаһанануды ырқына бағындырғандар ғана жоғалмайды. Ендеше ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы Жолдауында дәйектелген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру тұжырымы болашақты дәл болжаған көрегендік деп білемін.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҰҒА академигі

◆ЖЫР-ШАШУ

БОЛАШАҚҚА АМАНАТ!

Біле білсең бұл өмірдің құрамы
Кеше,
Бүгін,
Келешектен тұрады.
Осы үшеудің байланысы үзілсе,
Адамзаттың таусылады жыр-әні.

Асқақ ойлар адастырмай сананы,
Алға ұмтылған өз бақытын табады.
Өткен күнсіз бүгініңнің мәні жоқ,
Ал, болашақ бүгінменен бағалы.

Тарихыңды аршып алмай былықтан,
Арайлана атар деме тұнық таң.
Бір ақиқат — болашағы бұлыңғыр
Ойсыз жанның өткен күнін ұмытқан.

Әр шоқысы тарих сөзін қозғаған,
Бусап жатыр тағы, міне, боз далам.
Мыңжылдықтар қатпарына бармай-ақ
Кешегіден сөз айтайын аздаған.

Қазағыма тағдыр кәрін төккенде,
Жанайқайы Жаратқанға жеткен бе?
Өр халқымды келер күнге бастаған,
Өкінішпен қарамайық өткенге!

Далам шексіз — жетпес адам қиялы,
Әлем бұны есіне алар жиі әлі.
Үрім, Қырым, Қап тауларын таптаған,
Түркілердің тұлпарының тұяғы.

Күн кешсем де мұң ұялап жанарға,
Үмітпенен ұмтылғанмын сан алға.
Дешті Қыпшақ даңқы кеткен әлемге,
Бабам құрған Алтын Орда, Ақ Орда.

Өмір көшін өртең жерге шөктірер,
Ел бақытын — өз бақыты деп білер.
Еркіндігі үшін жалпақ жұртының
Жанын қиған асылдар мен тектілер.

Жаратқанның бізге берген бағы ма,
Арай ма еді көптен күткен сағына?!
Өткен ғасыр,
91-дің күзінде
Қол жеткіздік Тәуелсіздік таңына!

Тағдырдың сан тарта жүріп тепкісін,
Тәуелсіздік Тұранына жеттіңшын.
Сынағынан сынбай өткен тарихтың,
Бұл елімнің өткен шағы деп түсін!

Алаш жұрты салып енді аспанға із,
Міне, солай қайтқан еді бастан күз.
Тәй-тәй басқан сәби сынды өмірге,
Азаттықтың әліппесін ашқанбыз.

Өз жерімде көргенім рас өгей күн,
Тоқтады енді полигоны Семейдің.
Тәуелсіздік тәтті дәмін татқанмен,
Талабымыз оңай болды демеймін.

Еркін елде азамат боп жас бала,
Тәуелсіздік жырын жаздық тасқа да.
Қызыр қонып, құт дарыған Арқада,
Айбынымен бой көтерді Астана!

Жұлдыздары аспан-көктің жанса да,
Ұл-қызыма басын иді сан сала.
Шаршы алаңда шаң қаптырдық...
Сахнада
Димашыма қолын соқты тамсана!

Әр таңда алдан шыға бермес күліп той,
Сезім ширап, сана сергіп, шынықты ой.
Келер күнге ұлтымызды бастайтын,
Бұл елімнің бүгіні деп біліп қой

Елдігіңе берілгенде баға нақ,
Дүшпан күліп, дос жүрмесін табалап.
Тәуелсіздік енді сенің қолыңда,
Ей, болашақ,
Осы саған аманат!!!

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

ҚАСИЕТТІ БОРЫШ

Тәуелсіздік – қастерлі ұғым. Бұл ұғым жүрегімізде, қан тамырымыз бен санамызда. Тамырсыз ағаш өспейтіні секілді өткенсіз болашақ та жоқ.

Баршаңызды ең қадірлі әрі қастерлі Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймын! Біз азат елдің соғыс пен аштықты көрмеген азат ойлы жастарымыз. Десек те тарих беттерінен бізге дейінгі батыр бабаларымыз бен асыл аналарымыздың қабырғадан қан кешіп, жанарын жасқа бұлаған тауқыметті тағдырын оқып, біліп жүрміз. Соның барлығы бүгінгі ұрпақтың, мамыражай күн кешуі үшін болғаны анық. Ендеше тәуелсіздіктің әр күнін Қадір түніндей қадірлеу – біздің буынның борышы. Азаттығымыз баянды болсын!

Жандарбек БҰЛҒАҚОВ,
айтыскер ақын,
«Алтын домбыра»
иегері

Тәуелсіздік бір елдің белгіленген шегарасымен ғана өлшенбейді. Қазақ халқы өз жерін ат белінен түспей жүріп ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалды. Яғни, қазіргі Қазақстанның шегарасы үшін біздер ең алдымен батыр бабаларымызға қарыздармыз.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ӨЛШЕМІ

Бодандықтан босау жолындағы күрес 1986 жылы басталған жоқ. Желтоқсан көтерілісі бұған дейін де сан рет болған көтерілістердің заңды жалғасы, бабалардың қанымен жазылған тарихымыздың бір бөлшегі. Ал бүгінгі ұрпақтың алдында ғасырлар бойы өшпеген сол асқақ рухымызды асқақтата беру міндеті тұр.

Біздер – Ұлы Даланың перзенттері аяғымызға тұсау салынғанына мойынсұнбайтын халықпыз. Тәуелсіз болу, азат ғұмыр кешу біздің тұла бойымызда, табиғатымызда қалыптасқан. Тәуелсіздік – барлығымызға Ұлы Дала тарапынан берілген есім.

Тәуелсіздігіміз баянды болсын десек ендігі кезекте әлемдік талаптарға сай келетін бәсекеге қабілетті қоғам құруымыз қажет. Ол үшін бүгін құндылық ретінде білетін материалдық байлығымыздан бұрын интеллектуалды, ақыл-ой, сана мен рухани құндылықтарымызды дәріптеуіміз керек.

Назгүл КЕНЖЕТАЙ,
«Жүз жаңа есім» иегері, әскери журналист

◆ТУҒАН ЖЕР — ТҰҒЫРЫҢ

Байлық пен барлық аспаннан өз бетінше жаумайды. Көл-көсір табыс тамшылаған маңдай термен, тынымсыз еңбекпен келеді. Бірақ сол байлықтың туған жердің тұғырын биіктету үшін жұмсалып жатқанын көп көргеніміз жоқ. Осы тұрғыдан келгенде ауылының өсіп-өркендеуіне қомақты үлес қосып келе жатқан Бауыржан Оспанов есімінің ерекше аталатындығы анық.

АТЫМТАЙ ЖОМАРТ

Қажет АНДАС

Расында, біздің елде қалталы азаматтар жетерлік, бірақ халқының қамын ойлаған азаматтардың қарасы неге аз? Неге көбеймейді? Қалталылардың көпшілігі өздерінің кіндік қаны тамған ауылдарына ат ізін салмақ түгілі сол ауылдастырының жұпыны тірлік кешіп жатқанын баяғыда ұмытып кеткен.

Біздің кейіпкердің жолы да, мақсаты мен ұстанымы да ерекше. Ол ауылынан алыс жүрсе де туған мекенін бір сәт те көңілінен шығармаған азамат. «Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, Жыланды атты ауылда туып-өскен Бауыржан Оспанов «ZHERSU» атты өндірістік инвестициялық корпорацияның негізін қалап, өркенді істің өзегін жалғап келеді.

Ең алдымен ойға оралатыны – елімізде алғашқылардың бірі болып Лепсі ауылында спорт мектебін салып бергені. Сонымен қатар, Жыланды ауылында спорт кешенін салып, тігін цехын, саябақ, кинотеатр мен физика-математиканы тереңдетіп оқытатын лицейді ел игілігіне тапсырды. Осылайша, есімі елге белгілі кәсіпкер «Жеке бизнестің, үкіметтік емес ұйымдардың, жеке адамдардың әлеуметтік жауапкершілігі әсіресе білім мен спорт саласында айқын көрініс табуға тиіс» деген Елбасының тапсырмасын орындауға сөзбен емес, іспен жауап берді.

Бизнестің сан саласына қан жүгіртіп кәсіпкер Алакөл өңірінің тарихын түгендейтін жұмыстарға да қолдау көрсетіп жүр. Бірнеше жыл көлемінде жұртқа танымал тарихшы, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Берік Әбдіғалиұлына қаржылай қолдау жасап, Петербург, Мәскеу, Орынбор, тағы да басқа қалалардағы мұрағаттардан тарихи дерек алғызды. Нәтижесінде тарихтың біраз жасырын беті ашылды. Осындай игі бастамалар тек Алакөл өңірінің ғана емес, жалпы қазақ тарихын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Алакөлдің Атымтайы аймағымыздың экономикалық өсуіне және кәсіпкерліктің дамуына, сондай-ақ, қосымша жұмыс орындарының ашылуына ұйытқы болып, Көлбай ауылдық округінде ет өңдеу цехын, Арқарлы ауылдық округінде жалпы құны 988 млн. теңгені құрайтын асыл тұқымды жылқы фермасын ашып, заман талабына, уақыт сұранысына сай келетін жаңа бастама бастады. Ең бастысы, осының арқасында талай азамат нәпақа тауып, отбасын асырауға, ел қатарлы қызмет етуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар, қанымызға сіңісті болған мал шаруашылығын дамытып, соның ішінде жылқы түлігін көбейтудің де жолы ашылды.

Арқарлы ауылдық округінде құрылған жылқы фермасында жұмысшылар үшін барлық жағдай жасалған. Жылы да жайлы баспаналар, демалыс орындары, балалардың ойын алаңы мен жеке кинотеатр, намазхана, кітапхана, асхана, сауна да осы жерден табылады. Керек-жарақтың барлығы қасында. Қысқасы, қаланың өзінде жоқ өмір далаға келіп орнай қалған.

Жылқы фермасына барып көрген әрбір адам ондағы қызу тірлікке куә болады. Ферманың жалпы аумағы 140 мың гектарды құрайды. Барлығын қосқанда 20 мың бас жылқы өсіруге арналған. Жаңа нысанның арқасында 56 адам жұмыспен қамтылып отыр. Сондай-ақ, мұндағы асыл тұқымды жылқыларды бақылап отыру үшін арнайы GPS қондырғылары орнатылған. Бұл адасқан малдың орналасқан жерін анықтауға яки ұры-қарылардың қолына түссе жылдам әрекет етуге өте қолайлы.

«Отан – отбасынан басталады» деген бәріміз білетін сөздің мән-мағынасын ашып жатудың өзі артық. Отанға деген қызмет алдымен туған мекеніңе жақсылық жасаудан басталса керек. Бауыржан Оспанов болса, өзі туған ауылын заманға сай қайта кейіптеп шықты десек, ешбір артық айтқандық емес. Жұрттың бәрі «қалалық» болуға бет алған, талай ауыл көшіп, орнында жұрты ғана қалған мына заманда өз ауылын осылайша жаңартқан жомарт жүректі азаматқа ағайынның айтар алғысы шексіз.

◆ПЕРЗЕНТ СЫРЫ

ҰЛАҒАТ

Кешегі қазақтың ежелгі мекені Ұлы Дала – шетсіз де шексіз. Алтайдан Каспийге дейін созыла сұлап, батысы сібір ойпаты, шығысы Тянь-Шань тауларының терістейін ала көсіліп жатқан осынау даланың жері де ұлы, тылсым терең тарихы да ұлы, өскелең ұрпаққа берер ұлағаты да ұлы.

Дала бізге кеңдікті, дарқандықты, жомарттықты, қонақжайлықты, қайырымдылықты үйретті. Осынау қасиеттердің бәрі әр қазақтың бойында бар. Ұлы Даламыз кең болғаннан кейін көңіліміз де кең. Даламыз дарқан болғаннан кейін біз де жомартпыз. Осы пейілімізге орай халқымызға бақ-береке, ырыс орнап отырғаны да рас.

Өзге елдер де біздің кеңпейілділігіміз бен қонақжайлығымызды ерекше бағалайды. Осының арқасында қаншама ұлт бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешудеміз. Ал қазақтың Ұлы Даласына тамсанбайтын шетелдік жоқ десек те болады.

Ұлы Даламыз да бізге әрдайым қайырымдылық танытып келеді. Кей кезде сол даланың олжасынан құр қалып жататынымыз бар. Сонда да Ұлы Дала өз баласына деген бір сыбағасын сақтап-ақ отырады. Жатырқамайды, жатсынбайды, өзегіңді талдырмайды.

Бірлік – біздің барлық жеңісіміздің алтын қайнары. Осы бірлік пен татулықтың арқасында талай белесті бағындырып келеміз. Тәуелсіздік алған уақыттан бері еліміз әлемге танылды. Қазақстан сынды жас мемлекетті бүгінде барша халық біледі, мойындайды. Бабаларымыздың ізгі арманы – ұрпағының тәуелсіз болып, жаймашуақ өмір кешуі емес пе? Бүгінде сол арманға жеттік. Ендігі мұратымыз – осы тәуелсіздігімізді тұғырлы етіп, Мәңгілік Елге айналу. Ендеше, осы мақсат жолында талмай әрекет етейік.

Айжан ЖАРАСБЕКОВА,
№9 орта мектептің 11-сынып
оқушысы
Талдықорған қаласы

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№15
(18867)

Seısenbi,
2 aqpan
2021 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Талдықорған қаласында құрылысы жүріп жатқан бірқатар нысанды аралады. Аймақ басшысымен аталған салаға жауапты лауазымды тұлғалар бірге жүрді.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫНА СЫН АЙТЫЛДЫ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Амандық Ғаббасұлы жұмыс сапарын алдымен Талдықорған қаласындағы «Жастар» саябағына жалғасып жатқан, жаңа оңтүстік-батыс тұрғын аймағынан орын тепкен жабық жүзу бассейнінен бастады. Аймақ басшысы заман талабына сай бой көтерген аталмыш нысанның іші-сыртын тұтас аралап көріп, жұмыс сапасы мен кем-кетіктеріне назар аударды.

Бұл жерде жүріп жатқан жұмыстармен «ABC Көркем құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Мұстафа Афраилов таныстырды. Байқағаныдай, жаңа ғимараттың құрылысы аяқталуға таяп, негізгі жұмыстары біткен. Қазіргі кезде нысан айналасындағы сыртқы жұмыстар жасалып, ретке келтірілуде. Құрылысшылар да өздеріне жүктелген міндетті мінсіз атқаруда. Сонымен бірге техникалар да дамыл таппай жұмысты қыздырып жатыр.

Амандық Ғаббасұлы бірден жабық жүзу бассейнінің кіреберісіне төселген тастарға назар аударып, бұл жерде атқарылған жұмыстарға көңілі толмады. Осыған байланысты бірқатар сын-ескертпелер жасаған Амандық Ғаббасұлы жаңа төселген тастарды алып тастап, талап үдесінен шығатындай етіп, қайта төсеуді тапсырды.

Бұдан соң ғимараттың ішіне кіріп, іске асырылған жұмыстарды көріп шықты. Нысанның іші жарықтандырылып, қажетті жиһаздар орналастырылып қойылған. Аймақ басшысы бассейннің төбесіне қатысты біраз сын айтып, тез арада ретке келтіруді міндеттеді. Сонымен бірге биіктен суға секіретін орындарға айрықша мән берген облыс басшысы нысанның түр-түсіне қатысты пікірін айтты. Осы ретте сала мамандарына тапсырма беріп, талап үдесінен шығатындай етіп ашық түске бояп, өзгертуді міндеттеді. Бассейннің жуынып, шайынатын, шешініп, киінетін және басқа да бөлмелерін мұқият қарап шығып, атқарылған жұмыстың сапасына айрықша мән берген облыс басшысы кем-кетіктерін сын тезіне алып, тез арада қалпына келтіруді міндеттеді.

«Bazis conctruction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылыс жетекшісі Марат Оразбаевтың айтуынша, қазір бұл жерде барлығы 300 шақты адам құрылыс жұмыстарына тартылған. Ендігі кезекте жаңа ғимараттың айналасын абаттандыру, көгалдандыру, жасыл желекпен көмкеру, жарықтандыру, орындықтар орнату, жол салу, автокөлік тұратын орындарды дайындау, сыртқы инженерлік жүйелерін жүргізу, соның ішінде, газ, су құбырлары мен электр, кәріз жүйелерін тарту сияқты жұмыстар рет-ретімен жүзеге асырылатын болады. Қазір осы шаруалар бойынша жұмыс қызу жүруде. Құрылыс істері жаздың ортасында тұтас аяқталады деп күтілуде.

Амандық Ғаббасұлы мұндай керемет ғимараттың барлық талапқа сай болуы тиіс екенін назарға салып, жұмыс сапарын одан әрі жалғастырды.

Келесі кезекте «Нұрлы жер», «5-10-20, «7-20-25» бағдарламалары аясында құрылысы жүргізіліп жатқан көпқабатты үйлерді, соның ішінде Балапанов көшесінің бойында жаңадан бой көтеріп жатқан тұрғын үйлерді көріп қайтты. Әсіресе ол жаңа тұрғызылған баспаналардың сапасына айрықша ден қойды. Аралау барысында Амандық Ғаббасұлы жаңа үйлердің айналасын жасыл желекпен көмкеріп, көгалдандыруға, үй маңын асфальттап, жаяу жүргіншілер жолын талапқа сай жасау қажеттігін айтып, тиісті тапсырмалар берді.

Құрылыстағы кемшіліктерді айқын аңғарған аймақ басшысы аталған іске жауапты сала қызметкерлерін қатаң сынға алып, салдыр-салақтыққа жол берілмейтінін, олай болған жағдайда басшыларының міндетті түрде жауап беретінін ескертті. Ғимараттар өз тәртібімен бір сызықтың бойына орналасып, салынуы тиіс. Бұлай болмаған жағдайда құрылыс талаптары бұзылды деген сөз. Заңсыз құрылыс нысандарының салынуына жол берілмейтінін айтқан облыс басшысы құрылыс істерін жүргізуде сапаға баса мән берілуі тиіс екенін айрықша атап айтты.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Оңтүстігі асқаралы тауларға емініп, солтүстік шеті мидай жазық жартылай шөлейтті аймаққа қарай созылып жатқан Жамбыл ауданының жері мал өсіруге қолайлы. Сол себептен болса керек, мұнда төрт түліктің тұқымының саны жылдан-жылға артпаса, кеміп отырған жоқ.

ТҮЛІК САНЫ КӨБЕЙДІ

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Оның айғағы — аудан әкімдігінен алынған статистикалық мәліметтер. Соған сәйкес биылғы, яғни 2021 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша ауданда 106 мың 290 бас сиыр, 721 мың 86 бас қой-ешкі, 39 мың 198 бас жылқы, 1497 бас түйе бар. Алдыңғы 2019 жылмен салыстырып қарағанда, 2020 жылы барлық мал басының саны көбейгенін көреміз. Пайызға шағып есептегенде, сиыр 116,3, қой мен ешкі 113,0, жылқы 121,7, ал түйе 100,8 пайызға артқан. Ауданда, сондай-ақ, 523 мың 597 бас құс есепке кірді. Өткен жылы төрт түлік мал мен құстан 24 мың 385 тонна ет (100,2%), 50 мың 799 тонна сүт (106,3%), 122 миллион 346 мың дана жұмыртқа (130,2%) өндірілді.

Осы малдың биылғы қыстан қысылмай шығуы үшін жаздағы шөпшабыс науқаны кезінде жеткілікті мөлшерде жемшөп қоры әзірленген. Нақтылай айтқанда, мал азығына 188 мың тонна шөп, 67 мың 500 тонна сабан, 34 мың 700 тонна жем, 41 мың 800 тонна сүрлем дайындалып, соның арқасында қазіргі уақытта малшы қауымы қолдағы малдың қоңын түсірмей күтіп-бағуда.

Азық-түлік нарығын мал өнімдерімен қамтамасыз ету ісінде ауданда ет және сүт бағытында бірқатар шаруашылық жұмыс істейді. Мұнда 19 мал бордақылау алаңы бар. Олардың жалпы қуаттылығы 14 700 басқа есептелген. Бүгінде ол алаңдарда 1 640 бас мал бордақыға қойылған. Қажетті қоңдылыққа жеткізіліп семіртілген мал шетінен етке өткізіліп, орнына басқасы әкелініп отыратынын ескерсек, бұл сан үнемі өзгеріп отырады. Сонымен қатар, сүт өндіру бойынша Ұзынағаш, Қарғалы, Қарақыстақ, Қарасу, Аққайнар, Шиен ауылдық округтерінде жалпы қуаттылығы 1 850 бас сиырға арналған 7 тауарлы-сүт фермасы жұмыс істейді. Сүт бұлағын ағызып жатқан бұл фермаларда қазіргі кезде 1 170 бас сиыр ертелі-кеш сауылады.

Жамбыл ауданы

ЖАЙДАРМАН



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

ДӘРІГЕРЛЕР АЛҒЫСҚА БӨЛЕНДІ

Облыстық ауруханаға «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат ПЕРУАШЕВ ат басын бұрды. Ол әлемді жайлаған індетке қарсы күресте жан аямай еңбек еткен дәрігерлерге партия атынан төсбелгі табыстады. Медаль алатындардың тізімінде пандемия кезінде алдыңғы шепте жүріп, қауіппен бетпе-бет келген, өзгелердің өмірін сақтаймын деп өзі де COVID-тің шеңгеліне ілініп, көз жұмған Абай Сахариев те бар. Ол Алматы облыстық ауруханасының жансақтау бөлімін басқарған еді.

Гүлжан ТҰРСЫН

Салтанатты шарада медальді алуға марқұмның ұлы Жайдар Абайұлы келді. Оның кеудесіне әкесінің медалі тағылды. Шарада Абай Сахариевтің жары Гүлмира Тоқбаева «ақжолдықтарға» алғыс айтып, ел-жұртқа аманшылық тіледі. «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев сөз алып, індеттің алғашқы толқынында көптеген азаматтардың халықты аман алып қалу барысында бірлесе еңбек еткендерін жеткізді. Жер-жерлерде «Уатсап» арқылы арнайы топ құрылып, көмекке зәру адамдарға не керегін біліп, жәрдем берумен шұғылданған. Кейбір қалталы азаматтардың өз қаражаттарына өкпені жасанды демалдыратын және оттегі жастықшаларын ауруханаларға сатып алып бергеніне куә болғанымыз рас. Осындай көмекті бірлесіп ақша жинау арқылы жасағандар да бар. Азат Тұрлыбекұлы алғы шепте жүрген дәрігерлерге төлемақы беруді тоқтатпау керек екенін айтты.

«Ақжолдықтар» ақ желеңді абзал жандардың еңбегі лайықты бағалануы үшін жұмыс істейтіндерін, ұсыныстарын ел көлемінде көтеретіндерін айтты. Сөзінің соңында Азат Перуашев халық үшін атқаратын жұмыс ары қарай жалғасатынын, жерде кездесулер өткізіліп, ел ішіндегі түйінді мәселелер назарға алынатынын жеткізді.

Айта кетейік, Талдықорғандағы облыстық ауруханаға жуырда жаңа басшы тағайындалды. Жаңа басшының аты-жөні Анарбек Монғолхан. Білікті дәрігер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары мықты маман. Анарбек – сынық, сүйек, жарақат саласында өз ісінің білгірі атанып, көпшіліктің алғысына бөленген мақтаулы дәрігер. Ол – еңбек адамы. Талдықорғанда Ресей дәрігерлерімен бірлесіп, облыстық ауруханада буын ауыстыруды сынақтан өткізіп, тәжірибеге енгізді.

Бүгінде Анарбек Монғолханның әдісі облыстық ауруханада толығымен іске асып, тізе, жамбас буындарын ауыстыру толыққанды іске асырылуда. Нәтижесі елді ризашылыққа бөлеуде. Анарбек ауруханаға ішкі жұмысы мен ем-шара жүргізуді жақсы біледі. Дәрігерлік салада көп жыл еңбек еткендіктен өзекті мәселелерді жан-тәнімен сезінетіні де рас. Анарбек Монғолхан басқару жүйесінде де көптің көңілінен шығатындай еңбек етеді деген сенім мол.

ЕЛ ИГІЛІГІ

Өткен жыл еліміз үшін оңай болған жоқ. Карантин, тағы да басқа шектеу шараларына қарамастан Талдықорған қаласындағы құрылыс жұмысы өз жалғасын тапты. Өзгесін айтпағанның өзінде, бір ғана Студенттер үйінің қолданысқа берілуі көңілімізге қуаныш ұялатқаны анық. Басқа да жетістіктер жетіп-артылады.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Қажет АНДАС

Қалалық құрылыс бөлімінің ақпараты бойынша, былтырғы құрылыс жұмыстарының көлемі 41,0 млрд. теңгені құрады. Жоспар бойынша 132,4 мың шаршы метр құрылыс салу жоспарланса, жыл соңындағы есеп бойынша 137,5 мың шаршы метр пайдалануға беріліп, жоспар артығымен орындалғаны белгілі болды. Сол қатарда екі Студенттер үйі, тұрғын үй, көпір, тағы да басқа нысандар бой көтеріп, қаламыздың көркеюі мен кемелдене түсуіне ықпал етті. Осы нысандарды салуда «Сурмак» ЖШС, «Құрылысшы ТБС» ЖШС, «Техноснаб» ЖШС, «Лепес» ЖШС, «Жетісужилстрой» ЖШС, «Шымыр» ЖШС, «Гаку Құрылыс» ЖШС, «Терра» ЖШС құрыш қолды құрылысшыларының үлесі мол.

Айта кетерлігі, қаладағы құрылыс жұмысы қыс бойы тоқтаған жоқ. Биыл қалалық құрылыс бөлімінің жоспары бойынша, 6,7 және 8-шағынауданда мемлекеттік бюджет және жеке инвестиция есебінен жалпы ауданы 93,5 мың шаршы метр, 1215 пәтерлік 31 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Жетісу» және 8-шағынауданында көлемі 20,5 мың шаршы метр болатын 277 пәтерлі 5 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Коттедж қалашығында жалпы алаңы 34 мың шаршы метр 377 коттедждің құрылысы жүргізілуде. Коттедж қалашығын көріктендіру, оның ішінде инженерлік желілер бойынша су, кәріз, электр және газ желілерін тарту, жол салу жұмысы жалғасуда. Сондай-ақ, коттедж қалашығында 900 орынды мектеп жобасы бойынша «КАПРЕМПРОЕКТ» ЖШС жобалау ұйымы жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуде. Демек, бұл құжат дайын болғанда құрылыс жұмысы басталады. Осы арқылы коттеджді қалашықтағы оқушылардың орталыққа қатынап, білім алу мәселесі түбегейлі шешіледі.

Осындай игілікті жұмыстардың нәтижесінен құрылыс жұмыстарының қарқынды жүріп жатқанын аңғару қиын емес.

ӘКІМ ЕСЕБІ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА ТҰРҒЫНДАР САНЫ ӨСТІ

Өткен жыл қиындыққа толы болды. Пандемияның әсерінен көптеген мемлекеттердің экономикасы құлдырап, халықты ауру дендеді. Осындай кедергілерге қарамастан Алматы облысы даму қарқынын төмендетпеді. Талдықорған қаласында да оң көрсеткіштер жетерлік. Қала әкімі Ғалымжан Әбдірайымов халық алдында онлайн форматта есепті кездесуін өткізіп, атқарылған ауқымды жұмыстармен таныстырды. Кездесуге облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ «ZOOM» бағдарламасы арқылы қатысты.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Ғалымжан Райылұлы баяндамасын былтырғы есептік кездесуде көтеріліп, шешімін тапқан мәселелермен бастады. Уақыт пен қосымша қаржыны талап ететін 8 мәселені іске асыру жөнінде арнайы іс-шаралар жоспары қабылданды.

Олар Еңбек ауылында магистралды газ желісін салу, «Қызыл тас», «Шайқорған» саяжайларында екі көпір құрылысы, «Ынтымақ» ауылында мектеп құрылысын бастау, Әлімжанов көшесінде арық желілерін орнату, шағын-аудандарда аула аумақтарын абаттандыру, – деген шаһар басшысы жыл бойы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында әлеуметтік желілер арқылы 68 мыңнан аса өтініш-үндеу түсіп, олармен тиісті жұмыстар атқарылғанын айтты. – Мекеме басшылары 48 тікелей эфир өткізді. Әр саладан және эпидемиологиялық жағдай бойынша жазбаша түрде 1247 өтініш түсіп, олардың барлығы қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес қаралып, шаралар қабылданды.

Уақыт өткен сайын қалада тұрғындар саны көбейіп келеді. Өткен жылы халық саны 3300-ге артып, биылғы жылдың басында 178,5 мың адамды құрады. 4225 нәресте дүние есігін ашты. 2019 жылы бұл көрсеткіш 4096 болған. Ал, табиғи өсім 2 732 адамды құрады. Халықтың әл-ауқатын көтеру үшін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы қаланың экономикалық-әлеуметтік көрсеткіші жоғарылады. Өндіріс көлемі 88,3 млрд. теңгені құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 9,7 млрд. теңгеге артық. Ауылшаруашылығында 21,9 млрд. теңгеге өнім өндірілді. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 41,0 млрд. теңге. Қала экономикасына 78,9 миллиард теңге инвестиция тартылды. Ағымдағы жылы өнеркәсіп саласында құны 6,0 млрд. теңге болатын үш жаңа өндіріс қуатын іске қосу жоспарлануда. Нәтижесінде, 300 жаңа жұмыс орны ашылады. Шағын және орта бизнес саласында 37 мың адам жұмыс істейді. «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарлама аясында 1517 адам жұмыспен қамтылды. 44 жоба жасақталып, оның 36-сы аяқталды.

Баспана алу үшін 16,8 мың адам үй кезегінде тұр. «Отбасы» банкінен ипотекалық несие арқылы үй сатып алуға барлық мүмкіндік қарастырылған. «Нұрлы жер», «Бақытты отбасы», «7-20-25», «Шаңырақ» секілді бағдарламалар жүйелі түрде іске асуда. Сонымен қатар, «Қаракет» қайырымдылық қоры 17 отбасыға үй мен пәтер сыйға тартса, жергілікті үш кәсіпкер 3 отбасыға баспана алып берді. Осылайша, 2020 жылы қалада 1171 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді, оның 265 пәтері мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылды. Жыл соңына дейін мемлекеттік бюджет және жеке инвесторлар есебінен 6, 7 және 8 шағынаудандарда 33 көпқабатты үй мен коттедж қалашығында 232 үйдің құрылысы аяқталады.

Қала маңындағы саяжайлардың мәселесі күн тәртібінде тұр. Айталық, «Қызылтас» және «Шайқорған» саяжайларында Қаратал өзені арқылы өтетін 2 көпір пайдалануға берілді. «Үйтас» және «Мерекелік» саяжайындағы 6,7 мың отбасы ауызсу және электрмен қамтамасыз етілуде. Қаратал, Алмалы, Ключи саяжайларында 28,9 км. ауызсу желілерін салу жоспарланды. Тұрғындардың өтініші бойынша «Үйтас» саяжайындағы Шоссейная, Дачная және Қаратал көшелерінің жолдарын жөндеу жоспарлануда.

Қаланың экологиясын жақсарту мақсатында екі қазандық газ отынына ауыстырылды. Биыл тағы екі қазандық газға ауысады. 23 884 абонент орталық газ құбырына қосылды. Білім беру саласында 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту 95,1% дейін өсті. Ынтымақ ауылы және 8-шағынауданда 1 200 балаға арналған екі мектептің жобалық-сметалық құжаты дайын. Коттеджді қалашықта 900 балаға арналған мектептің жобалық-сметалық құжаты осы жылдың сәуір айында дайын болады.

Талдықорған қаласының әкімі Ғалымжан Әбдірайымов баяндамасын коронавирус індеті жайлы мәліметпен аяқтады. Індет басталғалы бері 2 596 қала тұрғыны сырқаттанған. Ауру 2021 жылдың басынан бері өршіп тұр. Жыл басынан бері 795 ауру тіркелген.

– Әзірге індеттен қорғанудың бір-ақ жолы бар, ол – ең алдымен, әр адам санитарлық гигиена талаптарын сақтауы тиіс. Сондықтан, барлықтарыңызды, ең бірінші байлық – денсаулықтарыңызды сақтауға шақырамын, санитарлық дәрігер қабылдаған шектеулерді бұлжытпай орындап, көпшілік тамақтанатын жерлерге, қоғамдық орындарға, базарларға барудан бас тартқан жөн, – деді.

Жиында сөз алған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт жыл сайын Талдықорған көркейіп келе жатқанын айтып, саяжайларды дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға берді. Әрмен қарай қала тұрғындары пәтер кезегі, жер телімдерін бөлу, мектеп, жол салу секілді сауал жолдады. Ғалымжан Райылұлы барлық сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап берді. Жиынды қорытындылаған Амандық Баталов:

– Қандай қиын жағдай болса да пандемия кезінде көп жұмыс істелді. Коронавируспен күресу үшін жұқпалы аурулар ауруханасын салдық. Мықты мамандарды тарттық. Соның арқасында қазір жағдай жақсарды. Алайда пандемия біткен жоқ, – деп облыс бойынша жыл қорытындыланғанын, барлық салада өсім бар екенін айтты. – Инвестиция тарту жағы жоғары деңгейде. 60 мыңнан астам жұмыс орнын аштық. Талдықорғанда 3 жатақхана салдық, наурыз айында жүзу бассейнін ашамыз. Талдықорған индустриялық аймақ ретінде зауыт, фабрика ашу қажет.

Облыс әкімі өңірдегі кейбір шешімін таппаған сәулет, құрылыс, газға қатысты өзекті мәселелерге де тоқталып, осы салаға жауапты тұлғаларға ескерту жасады.

МӘСЕЛЕ



КӨШ ЖҮРЕ ТҮЗЕЛЕДІ

Алматы – Талдықорған күрежолының қалаға кіреберіс тұсынан бой көтерген коттеджді қалашық өзінің сән-салтанатымен ары-бері өткен жүргіншілердің көз қуанышына, тұрғындардың жан рақатына айналғанын жасыра алмаймыз. Қалалық құрылыс бөлімінің ақпараты бойынша, бұл аумақта 600-ден астам үй бой көтермек. Қажырлы еңбектің нәтижесінде бүгінде 400-ге жуық баспана қолданысқа беріліп, өз иесін тапты. Баспаналар ұзақ жылдар үй кезегінде тұрып, кезегі келген көпбалалы аналарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, әлеуметтік сала қызметкерлеріне кезең-кезеңімен тапсырылғанда үй иелерінің қуанышына куә болып қайтқанбыз. Бірақ көп өтпей көңілді қобалжытатын неше түрлі алыпқашпа әңгімені естіп қалып жүрдік. Осыған орай, журналистер нақты жағдайды көзбен көріп қайтуды шешкен еді. Бұл ойымызды қалалық құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің мамандары қолдап, коттеджді қалашық тұрғындарымен кездесіп қайттық.

Қажет АНДАС

Ашығын айтқанда, коттеджді қалашықта әлеуметтік желілерде таралып жүргендей жағаұстатар орасан кемшілікті, жағымсыз жағдайды байқамадық. Құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатқандықтан инфрақұрылымды реттеу, абаттандыру, жол жиектерін көріктендіру, бітпеген нысандардағы көзге оғаштау көрінетін көріністер бар. Бірақ оның бәрі қалашық құрылысы толық біткенше кезең-кезеңімен атқарылатыны белгілі. Сондықтан, біз құрылысы бітіп, қолданысқа берілген, баспана иелерінің шағымына арқау болған себептерге назар аударамыз. Осыған орай қойған сұрағымызға қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Мейір Нұрғалиевтен:

– Өткен жылдары тапсырылған 388 үй иелерінен бүгінге дейін 20-дан аса шағым түсті. Оның дені қабырғалардың қосылған тұсындағы жарықшалардың пайда болуы, сылақтардың көшуі, терезеден суық кіру, розеткалардың шығып кеткені, ең күрделі шағым – шатырларды жылылау бойынша түсті. Осы шағымдар бойынша ішкі жөндеу жұмыстарын қайтадан қалпына келтіріп, реттеп бердік. Ал қысқы қолайсыз ауа райында қалпына келтіруге болмайтын жөндеу жұмыстарын көктем шыға реттеуді жоспарлап отырмыз, – деген жауап алдық.

Бұл кемшіліктердің түпкілікті себебі – құрылыс жұмысын сапасыз жүргізген мердігер мекемелердің жауапсыздығына қатысты. Білгеніміздей, тұрғындардан түскен шағымның дені «Мирас» ЖШС-на тән болса, «Меломан» ЖШС салған үйлерден де ақау анықталған. Сөз арасында қалалық құрылыс бөлімінің уәдесін толық орындамаған «Мирас» ЖШС үстінен сотқа шағым түсіргенін ұқтық. Десе де, қала әкімдігіне қарасты мекемелердің берген жауабына сүйену біржақтылы түсінік қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан, біз өз бетімізбен бірнеше үйдің иесімен пікірлесіп көрген едік.

– 2006 жылы үй кезегіне тұрып, 2020 жылы тамыз айында осы баспанаға ие болдым. 14 жыл үй жалдап тұрған маған бұл баспана хан сарайымен бірдей. Барлық инфрақұрылым толық қарастырылған. Су, газ, электр желілері тартылған. Менің ешқандай шағымым жоқ. Қайта осындай жайлы баспана салып, үй жалдаумен қиналып жүрген бізге қолайлы жағдай жасап бергендерге алғысым шексіз. Әсіресе, жайлы баспана үш баламның алаңсыз өсуіне мүмкіндік берді. Енді үй болғасын кем-кетіктер болады. Оны үйді салған құрылыс компаниясы реттеп берді. Ай сайын 8 мың теңге төлеймін, – дейді № 324 үйдің иесі Индира Мұқаметқалиева.

Индира Мұқаметқалиеваның айтқандарын № 416 үйдің тұрғыны Айдана Әлімбатырова да құптады. Төрт бала өсіріп отырған Айдана енесімен бірге бір шаңырақта отбасының берекесін тасытып отыр.

– Үй кезегінде он бес жыл тұрып, ай сайын алпыс-жетпіс мың теңгені үй жалдауға беріп, қысылып жүр едік. Бұл үйге кіргелі шаңырағымыздың берекесі арта түсті, – деп қуанышын жеткізді ол.

Жолшыбай жұмысына асығып бара жатқан № 368 үйдің иесі Асқар Рақымбаевты тоқтатып, көкейдегі сұрағымызды қоюға тырыстық.

– Он баланың әкесімін, үй кезегінде 10 жыл тұрып осы үйді алдым. Иә, басында кемшіліктер болды. Ол жаңадан салынған үйдің бәрінде болады. Тіпті, жеке қаржыңмен үй тұрғызсаң да кездесетін кемшілік. Қазір үйіміз жылы, бала-шағамен бірге берекелі өмір сүріп жатырмыз, – деп ағынан жарылды ол.

Әрине, кездескен тұрғындардың сұрағымызға шынайы жауап бергеніне сенімдіміз. Десе де, шешімін күткен жағдайларды да кездестірдік. № 410 үйдің тұрғыны Айнагүл Үмбетова қалашықтағы табиғи газдың ақысын төлеуге қатысты шағымын айтып қалды. «Алтын алқалы» ана Айнагүл үйге кірген екі жылдан бері келісімшарттың болмауына байланысты табиғи газдың ақысын дер кезінде төлей алмапты. Енді екі жылдың ақысы жиналып, біраз сомаға жеткендіктен оны бірден төлеуге қалтасы көтермейтінін алға тартты. Газ ақысының дер кезінде төленбеуінің себебін қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің мамандарынан сұрап көрдік.

– Коттеджді қалашыққа табиғи газ желісі тегін тартылып, пештер орнатылып, жағдай жасалды. Тұрғындар пайдаланған газдың ақысын төлеу бойынша 8 ақпан күні қалалық әкімдікте «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Жетісу өңірлік филиалы, «Тавиди» ЖШС және қалашық тұрғындарының қатысуымен жиын өтті. Осы жиналыста газ ақысының дер кезінде жиналмауының себебі тұрғындарға түсіндіріліп, келісім бойынша үй иелері осыған дейін пайдаланған газдың ақысын өздері төлейтін болып шешілді. Бірақ әр үйдің жыл бойы жиналған ақы көлемі көп болуына байланысты әрбір тұрғын «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Жетісу өңірлік филиалына арыз жазып, бөліп төлеуіне жағдай жасалды, – деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бас маманы Алмас Барлыбек.

Халқымызда: «Көш жүре түзеледі» деген сөз бар. Тұрғындарды баспанамен қамту тұрғысында елімізде мемлекеттік бағдарламалар атқарылып, көмек пен қолдау көрсетілуде. Мұндай жағдай көрші, тіпті, алыс шетелдерде де жоқ. Оған көз жұма қарауға болмайды. Бірақ «Біткен іске сыншы көп» дегендей, тұрғын үй зауытта құйылып шыққан тауар емес. Құрылыс жұмысы барысында түрлі кемшіліктің орын алатыны анық. Жоғарыда Асқар Рақымбеков айтқандай, жеке қаржынмен салған үйдің де мінсіз болуы екіталай. Бір білгеніміз, үй құрылысына қатысты тұрғындардан түскен шағымның дені қаралған. Ауа райының қолайсыздығына байланысты сыртқы жөндеу жұмысына қатысты мәселелер күн жылынғанда реттелмек.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН КӨРСЕТПЕЙСІЗ

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Соған орай «Jetisy media» ақпарат алаңында облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының басшысы Дәулет Молдаханов, әкімшілік практика бөлімінің басшысы Саят Ибраимов, сондай-ақ, Ержан Жантілеуов жаңа қабылданған заңды жан-жақты талқылап, түсіндіріп өтті.

Заңда жүргізушілердің жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ, автомобильге техпаспорт болған кезде Қазақстанда берілген жүргізуші куәлігін өзімен бірге алып жүру міндеті алып тасталды. Сонымен қатар, көрсетілген құжаттың жоқтығы үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

Басқарма басшысы, полиция подполковнигі Дәулет Молдаханов:

– Аталған заң 13 ақпаннан бастап күшіне енеді. Жол қозғалысын қадағалау кезінде жүргізуші куәліктерін беруді және көлікті тіркеуді тексеру көрсетілген планшеттер арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар, техникалық тексерудің қолданылу мерзімі және берілген сақтандыру полисі туралы мәліметтер де автоматты түрде көрсетіледі. Егер сақтандыру полисінде тексерілетін жүргізуші болмаса, онда ол ӘҚБтК 230-бабының 2-бөлігі бойынша жауапқа тартылады (айыппұл 10 АЕК) ал автомобиль ӘҚБтК-нің 797-бабына сәйкес айып тұрағына қойылады. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 5-бабы 1-бөлімінің талаптарына сәйкес әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін немесе күшін жоятын заңның кері күші бар, яғни осы заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған және оған қатысты әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы орындалмаған құқықбұзушылыққа қолданылады, – деді.

Бұдан басқа, брифингте 2022 жылдан бастап елімізде 10 жылдан артық жүрген автобустарды тіркеуге тыйым салынатыны айтылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

БРИФИНГ

САЛЫҚТАҒЫ ЖЕҢІЛДІК

«Jetisy media» ақпарат алаңында облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті түсіндіру жұмыстары басқармасының бас маманы Жанболат Өксікбаевтың қатысуымен «2021 жылғы салық кодексіндегі өзгерістер» тақырыбында брифинг өтті.

Мемлекет басшысы 2020 жылдың 10 желтоқсанында «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңына қол қойды. Өзгерістерде пандемиядан зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілері үшін бөлшек салықтың арнаулы салық режимін енгізу (2023 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылады); бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану және оны қолдану кезіндегі салықты есептеу тәртібі; салық кезеңі, декларацияны тапсыру және салықты төлеу мерзімі; бейнетіркеумен расталған БКМ қолдануды бұзу фактілері туралы салық органына хабарлаған тұлғаларға сыйақы беру заңнамасы сияқты бап пен тарау бар.

– 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚҚС бойынша салық жеңілдіктері күшіне енеді. Арнайы экономикалық аймақтардың аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру кезінде өндірілген және өткізілетін тауарларды, жолаушыларды (қала/ауыл), қала маңындағы, аудан арасындағы, ауыларалық (облыс іші) қатынастарды автомобиль көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ, трамвайларды өткізу бойынша айналымдарды ҚҚС-тан босату көзделген, – деді өз сөзінде Жанболат Әбілтайұлы.

Баспасөз барысында жеке тұлғалардың мүлік салықтары мен жер салығын біріктіру, көппәтерлі тұрғын үйлердің меншік иелері үшін жер салығын жою жөнінде де айтылды.

Қали АСҚАР

ҚЫС-ҚАРБАЛАС

БЕЙҚАМ ОТЫРМАЙДЫ

Қыс басталса, қаладағы коммуналдық қызметтердің жұмысы арта түседі. Ақ мамық жапқан жолдарды уақытылы күреу, жаяу жүргіншілер жолын тазалау жұмысы жанданады. Үштөбе қаласындағы көлік жолдарының қарын күреп, ауданымыздың тазалығын қамтамасыз ететін «Қаратал ауданының тұрғын үй пайдалану қызметі» ЖШС үшін қазір нағыз қарбалас кезең.

Бұл мекеменің қызметкерлері демалыс күндері бейқам отырмайды. Аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Самат Жарманов ауа райының өзгеруіне байланысты қаланың коммуналдық қызметтері күшейтілген тәртіпте жұмыс істеп жатқанын айтады.

– Ауданымыздың қыс айларында қар тазалау жұмыстарына «Қаратал ауданының тұрғын үй пайдалану қызметі» ЖШС жауапты. Аталған мекеме қыс айларында жолдарды қардан тазалау жұмыстарын жүргізеді. Жалпы, өңірде аудандық маңызы бар автокөлік жолдарының көлемі 399 шақырымды құрайды. Оның қыста қар тазалауға жататыны – 27 шақырым. Аталған мекемемен қыста қардан тазалау жұмыстарына 5 техника, 6 адам жұмылдырылды. Бүгінгі күнге тазаланған қардың көлемі – 15 тонна. Ал инертті материалдар (тұз бен құм) 25 тонна жұмсалды. Егер аяқасты ауа райы күрт өзгеріп, қар жауған жағдайда мердігер мекеме қар тазалау жұмыстарын жалғастырады, – дейді аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Самат Жарманов.

Бүгінде ауа райы мың құбылып тұр. Апта басында қар жауса, соңы жаңбырға ұласа салады, даланы аздап болса да қар жапқан еді. Артынан күн жылып, жолдар мен сай-сала суға толады. Еріген қар суынан жолда қатқақ пайда болады. Қатқақ қардан жолдарды әп-сәтте тазартып шығару оңай емес. Сондықтан, қар жауғанда жолдарды күреу жұмыстарын дер кезінде жүргізу – аталған мекеменің басты міндеті.

А. ӨМІРБАЕВ
Қаратал ауданы



Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№24
(18876)

Seısenbi,
23 aqpan,
2021 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

РЕСМИ

«Aitas KZ» АҚ облысқа қарасты Іле ауданында ТМД-дағы ең үлкен асыл тұқымды құс репродукторының және бройлер етін өндіретін құс фабрикасының құрылысын бастайды. Осыған байланысты облыс әкімдігі мен аталмыш акционерлік қоғам арасындағы меморандумға қол қойылды.



ҚҰС ФАБРИКАСЫ САЛЫНАДЫ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Амандық Ғаббасұлы алдымен «Aitas KZ» АҚ өкілдеріне жылы қабақ таныта отырып, олардың қолға алған істеріне өзінің ерекше ризашылығын білдірді. Сонымен бірге облыс әкімі Жетісу жерінде қандай да бір іс жүргізіп, инвестиция саламын деуші инвесторларға есігінің әрқашан ашық екенін жеткізді. Сол себепті, аталған жобаға қолдау көрсетіп, демеу болуға әзір екендіктерін, сондай-ақ, бұл жоба аймақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, импортты алмастыруға және құс өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретінін айтып өтті. Сондай-ақ, кәсіпкерліктің және онымен айналысудың бүгінгі таңдағы беріп отырған жемістеріне де тоқталды.

Өз кезегінде «Aitas KZ» акционерлік қоғамының бас директоры Серік Толықпаев сөз алып, алдымен «Айтас» холдингінің қызметкерлерін таныстырып өтті және олардың білімбіліктіліктерінің арқасында нарықта айтарлықтай табыстарға қол жеткізіліп келе жатқанын сөз етті. Бұдан соң компанияның құрылу тарихы мен даму жолдары, сондай-ақ, қазіргі кезеңдегі атқарып отырған жұмыстары, бір сөзбен айтқанда, өздерінің бүгінгі тыныс-тіршіліктері жайында әңгімелеп берді. Алдағы мақсат-міндеттері мен жобажоспарларына да тоқталды.

Белгілі болғандай, меморандум екі негізгі міндетті қамтиды. Біріншісі, жалпы инвестиция көлемі шамамен 43 миллиард теңгені құрайтын және өндірістік қуаттылығы жылына 160 миллион инкубациялық жұмыртқа өндіретін алматылық асыл тұқымды құс репродукторының құрылысы болып табылады. 1 және 2-кезек 2021 жылдың қазан айында іске қосылады деп жоспарлануда.

Екіншісі, жалпы инвестиция көлемі 117 миллиард теңге және өндірістік қуаттылығы жылына 120 мың тонна болатын бройлер етін өндіретін Алматы құс фабрикасын салу. Жобалық қуаттылыққа шығу 2027 жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

Серік Құлымбекұлының айтуынша, асыл тұқымды құс репродукторын және бройлер етін өндіретін құс фабрикасын салу жобасын іске асыру барысында шамамен 4700 қосымша жұмыс орны ашылады деп көзделуде. Нысандарды салу жобасы «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге аспақ.

Кездесу барысында, сондай-ақ, аталған холдингтің облыстағы орта мерзімді стратегиясы және стратегиялық бастамалары, «Айтас» қорының білім бағдарламалары туралы да айтылды. Аталған бағдарлама негізінен ауылшаруашылығы саласына қажетті мамандар әзірлеуді көздеп отыр. Кездесу соңында қос тарап меморандумға қол қойып, естелік суретке түсті.

Айта кетейік, «Айтас КЗ» АҚ – бұл «Айтас Холдингтің» басқарушы компаниясы, оның құрамына өсімдік шаруашылығы, құс етін өндіру және қайта өңдеу, тарату саласындағы 15 кәсіпорын кіреді, оның ішінде Макинская және Өскемен құс фабрикалары «Kus &Vkus» брендімен өнім шығарады. «Айтас» холдингі 1996 жылы Өскеменде құрылған. Осы жылдар ішінде компания Қазақстанның аграрлық секторындағы көшбасшылардың бірі болып саналатын құс етін өндіру, қайта өңдеу және тарату саласындағы жетекші біріктірілген холдингке айналды. «Айтас KZ» АҚ жергілікті өндірушілер арасында нарықтағы үлесі 20 пайызбен саладағы жетекші орындардың бірін алады.

Өткен жыл соңында өндіріс қуаттылығын жылына 56 мың тонна етке дейін ұлғайта отырып, Макинск құс фабрикасы (МҚФ) құс кешенінің екінші кезеңі іске қосылды. Ал 2023 жылға қарай оның көлемі екі есеге, яғни, 100 мың тоннаға дейін артпақ.

COVID – 19



Босаңситын уақыт емес

Дерек көздеріне сүйенсек, соңғы мәлімет бойынша елімізде 21 285 адам коронавирус инфекциясынан, (13679 КВИ+ және 7606 КВИ-) емделуде. Олардың ішінде 4838 науқас стационарда, 16447 науқас амбулаториялық ем қабылдауда екен.

Ұлбосын ИСАБЕК

Адамзатты алаңдатқан коронавирус індетінің жайлағанына жылдан асты. Өмірге аса қауіпті вирустан қорғану жолындағы карантиндік шаралар басты назарға алынғанымен індеттің таралуы тоқтаған жоқ. Науқасты емдеуге ауылдық жерлердегі аурухана қызметкерлері бар пәрмендерін жұмылдыруда. Соның бірі, Панфилов ауылындағы 60 төсектік инфекциялық бөлімше. Бүгінде мұнда 49 адам ем қабылдауда.

– Былтырғы жылдың наурыз айынан бастап қыркүйектің ортасына дейін провизорлық бөлімше болған. Одан бері инфекциялық бөлімше ретінде науқастарды емдеудеміз. Соңғы тәулікте 49 адамға COVID-тік пневмония диагнозы қойылып, ем-шара жасалуда. Олардың 7-уінің ПЦР қорытындысы оң нәтиже көрсетті. Бес науқастың жағдайы ауыр, олар аудандық ауруханаға жансақтау бөлімшесінде жатыр, – деген Панфилов ауылдық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Зухра Жұмабайқызы инфекциялық бөлімшеде дәрі-дәрмек қорының жеткілікті екендігін мәлімдеді.

– Алдағы көктем мезгілінде тұмаудың өршу қаупі туындайды. Ауру азайғанымен, жұқтыру жағдайлары тіркелуде. Сол себепті, босаңсуға болмайды. Адамдардың бір-біріне жанашырлық танытып, өзінің де, өзгенің де өмірі үшін жауапкершілікті күшейтуі қажеттігін ұмытпағаны абзал, – дейді ЗухраТілепбергенова.

Сондай-ақ, инфекциялық бөлімше 3 ИВЛ аппараты, 8 оттегі концентраторымен қамтамасыз етілген. Бөлімшеде 8 дәрігер, 12 мейірбике мен 12 санитар науқастарға қалтқысыз қызмет көрсетіп, вирустық инфекциядан сауығып шығуына бар мүмкіндіктерін жұмылдыруда.

Былтырғы наурыз айынан бергі уақыт ішінде бұл бөлімшеден 619 адам емделіп шыққан.

Панфилов ауылы,
Талғар ауданы

БАСПАСӨЗ ТУРЫ



СҰРАНЫС МОЛ

«Jetisu Media» КММ ұйымдастыруымен өңірлерде атқарылып жатқан оң істерді, агротуризмді дамытып жатқан кәсіпкерлердің жұмысын насихаттау мақсатында БАҚ өкілдері мен блогерлерге арналған баспасөз туры өтті.

Айдар ҚАЛИЕВ

Алдымен Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылына ат басын бұрдық. Бізді Бақтыбай ауылдық округінің әкімі Айдын Исабеков күтіп алып, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша жөнделіп жатқан Мәдениет үйіндегі жұмыстармен таныстырды.

Аудандағы ең үлкен Мәдениет үйінде жұмыс қыза түскен. Ғимараттың сапасы мен сәулеті сай болу үшін бүгінде 30 жұмысшы өз міндеттерін мінсіз атқаруда. Күн жылынып, әлемді жайлаған індеттің беті қайтса жұмысшылар саны артпақ. Былтыр басталған құрылысқа осы өңірдің өзінен 50-60 адам жұмысқа тартылған. Ауыл әкімінің айтуынша, нысан жұмысының 70 пайызы аяқталған. Биыл пайдалануға беріледі.

Осыдан кейін Сырымбет ауылында орналасқан «Tek Tau» ЖШС-нің бал құю және сұрыптау цехына бардық. Қызметін былтыр бастаған Руслан Кутлуков цехты толықтай аралатып, балдың қалай алынатынын, жұмыстың қалай жасалатынын толықтай таныстырды. Кеше ғана жұмысын бастаған серіктестік бүгінгі таңда ірі шаруашылықтардың бірі ғана емес, ауданның ең ірі жұмыс берушісіне айналуда. Таңғаларлығы, жалпы ауданы 2,2 гектар жерді алып жатқан осындай үлкен шаруашылықта он-ақ адам жұмыс істейді.

– Бизнес қарыштап дамып келеді. Әрине, экологиялық таза, табиғи өнімге сұраныс мол. Бүгінде бал елімізден бөлек Қытай, Түркия, Біріккен Араб Әмірліктеріне экспортталады. Таза өнім алу үшін барлық жұмыс заманға сай автоматтандырылған. Құрылғыларды арнайы Қытай мен Польшадан әкелдік. Бизнесті кеңейтіп, туристер үшін барлық жағдай жасауға тырысамын. Алдағы мақсат – ТМД елдеріне және шетелдерге балдың экспортын биыл 96 тоннаға дейін жеткізу болса, үш жыл ішінде 403 тоннаға дейін арттыру, – дейді аталмыш цехтың директоры Руслан Сулейманұлы.

Шара соңында Текелі қаласындағы «Текелі кондитер» зауытына бардық. 2010 жылы ашылған зауытта 50-ден астам адам жұмыс істейді. Олар күніне «Алақай» сауда белгісімен 12 түрлі, 1-1,5 тонна тәтті тоқаш пісіреді. «Металлург» шағынауданында орналасқан кәсіпорынның өнімдері аймағымыздың барлық дүкендерінде сатылады. Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Өскемен қалаларына жөнелтіледі. Кәсіпорын директоры Талғат Төңкерісұлы:

– Алғашқы ашылған жылдары біз барлық жұмысты қолмен жасадық. Қазір заманға сай арнайы құрылғыларымыз бар. Десе де, тоқашты қолмен жасауды тоқтатқан жоқпыз. Өйткені, көпшілік «Тоқашты құрылғымен жасағаннан гөрі қолмен илеген дәмдірек», деген ұсыныс білдірді. Біз бірінші кезекте тоқаштарымыз халыққа ұнау үшін жасаймыз. Екінші кезекте жұмысшылардың еркін жұмыс жасауы үшін барлық жағдайын жасауға тырысамыз. Мәселен, пандемияға байланысты жарияланған төтенше жағдай кезінде үйде отырған қызметкерлермен үнемі байланыста болып, оларға кәсіпорын қорынан азық-түлік, ұн, сұйық май үлестіріліп, көмек көрсетілді, – деді.



Температуралық фонның көтерілуіне және кей жерлерде қар жамылғысы биіктігінің 40 см-ге дейін өсуіне байланысты облыста қар көшкіні жүру қаупі артып, бірнеше өздігінен қар көшкіні жүруі тіркелді.

ҚАР КӨШКІНІ ЖҮРУІ МҮМКІН

Алматы облысының тауларындағы қар жамылғысының биіктігі Жетісу Алатауы тауларында 40-78, Іле Алатауы тауларында 33-65 см-ге дейін барады. Осыған орай қар көшкінінің жағдайын бағалау мақсатында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері "Қазселденқорғау" ММ Жетісу Алатауы филиалының мамандарымен бірлесіп Жетісу Алатауы тау жотасына аэровизуалды зерттеу жүргізді. Екі сағатқа созылған тексеріске ҚР ТЖМ "Қазавиақұтқару" АҚ "Еврокоптер-175" тікұшағы жұмылдырылды. Зерттеу нәтижелері бойынша қазіргі уақытта таулы жерлердегі қар жамылғысы тұрақсыз, елді мекендерге көшкіннен тікелей қауіп жоқ. Өзен арналарында мұз кептелісі байқалмайды. "Қазгидромет" РМК болжамы бойынша ауа температурасының көтерілуіне байланысты ақпан айының соңына дейін көшкін қаупі сақталады.

Алматы облысының ТЖД азаматтарға тау беткейлеріне шықпауға және олардан шаңғымен сырғанамауға кеңес береді.

ОБЛЫСТЫҚ ТЖД-НІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2025»

САПАЛЫ ӨНІМ

Мықты экономиканың негізі жоғары үстеме құны бар әртараптандырылған өнім өндірісі болып табылады. Мұндай өндірушілерге облыстағы кәсіпорындардың бірі – «Бағашар Мекен» ЖШС жатады.

Компания нарықта 2009 жылдан бері жұмыс істейді және еуропалық стандарттарға сәйкес өнім өндіреді. Кәсіпорында автокөліктерге арналған этиленгликоль негізіндегі антифриз, тосол, салқындатқыш шығарылады және алғашқы отандық өндіруші болып саналады. Серіктестікте тәулігіне 200 тоннаға дейін, маусымдық кезеңде 3 000 тоннаға дейін өнім өндіріледі.

Өндірісте 120 адам жұмыс істейді. Өнімдері нарыққа NORD, ALFA, Z-COOL маркалы антифриз, «Теплый дом» жылу тасымалдағышы, «Север-40» тосолы брендтерімен ұсынылады.

Шетелдік брендтер тарапынан бәсекелестікке қарамастан аталған компания өнімдері жоғары сапалы сипаттамаларының арқасында автохимиялық өнімдердің бөлшек сауда нарығында өз орнын тапты. Қазіргі таңда кәсіпорын өндіріс көлемін ұлғайтып, өсіп келеді. Десе де несие алып айналым капиталын толықтыру қажет.

«Бізге жеңілдікті шарттармен несие алуға мемлекеттік қолдау көмектеседі. Осылайша, субсидиялаудың арқасында «Альфабанк» ЕБ АҚ-да алынған кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін «Даму» қоры 14 пайыздан 6 пайызға дейін төмендетті. Қордың несие сомасының 39 пайыз мөлшеріндегі кепілдігінің арқасында біз қажетті көлемде несиеге қол жеткіздік», – дейді компания директоры Игорь Поезжалов.

Аталған серіктестік «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдауға ие болды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

БРИФИНГ

Кешенді жоспар әзірленді

«Jetisu media» ақпараттық алаңында облыс аумағындағы қалақұрылысы құжаттамаларын әзірлеу тақырыбы бойынша баспасөз мәслихаты өтті.

Қажет АНДАС

Онда облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы Тәңірберген Дәркенбаев пен аталған басқарманың бас жоспарлау және аумақты құрылыстандыру бөлімінің басшысы Айдос Күнесбаев атқарылған жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарымен бөлісті.

Тәңірберген Садықұлының айтуынша, бүгінде облыс аумағындағы қала құрылысын жоспарлаудың кешенді жобасын екі кезең бойынша әзірлеу жұмысы аяқталыпты. Облыстың әлеуметтік-экономикалық, өндірістік-шаруашылық, табиғи-климаттық жағдайын ескеріп, қала құрылысын дамытудың кешенді стратегиясын әзірлеуді мақсат еткен жобаның орындалу мерзімі 2045 жылға дейінгі уақытты қамтиды.

Аталған жобада аймағымыздағы 17 аудан, 3 облыстық, 7 аудандық маңызы бар қала, 731 ауыл мен 246 ауылдық округтың шегаралары толық қамтылған. Сондай-ақ, 2030 жылға дейінгі өңіраралық іс-шаралар жоспарына сәйкес Алматы қаласының урбанистика және қалалық жоспарлау басқармасының келісімі бойынша Қарасай, Іле және Талғар аудандарының аумағындағы Үлкен Алматы айналма автомобиль жолын салу жобасы да сызылған. Осыған орай Қарасай, Іле, Талғар аудандарындағы 30 елді мекеннің жобасы қайта жаңартылыпты.

Келесі кезекте сөз алған Айдос Күнесбайұлы қала құрылысын реттеу жобасы бойынша атқарылған шараларды түсіндіріп өтті. Ол бағытта да жұрт сүйсінерлік тың дүниелер жетерлік.

Jetisý
@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қай кезде де қазақ даласының өзі Ұлы өнер мектебі болған. Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасында құлашын кеңге жайған ақыл-ой даналығы, шешендік пен шеберлік сияқты сан қырлы өнер, сол өнердің Жамбыл ақынның бойында саф алтындай жарқырауы ғасырлар қойнауынан тамыр тартқан тарихи сабақтастықтың жарқын көрінісі болса керек.

Қос ғасырда қазақ қоғамы қандай кезеңдерді бастан кешірсе, сол қиыншылық пен қуаныштың бәрін Жамбыл да өз жүрегінен өткізді. «Балқытып бақыт ұйып елге, жерге, жасарған мен Жамбылмын елмен бірге», – дейді ұлы жырау. Ол әлеуметтік тақырыптарда құлашын кеңге жайып, Өтеген, Сұраншы, Саурық сияқты батырлардың ерліктерін жырға қосты. Сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси өмірін, мінезболмысын ақын өлеңдерінің, кең тыныста эпикалық туындыларының өн бойынан көруге болады. Жамбыл шығармашылығы – өз дәуіріндегі қазақ кеңістігінің қоғамдық-әлеуметтік сипатын танытатын асыл мұра.

Тек байтақ қазақ даласы ғана емес, қырғыздар арасында да Жамбыл ақынның аты танылып, атағы жайылды. Ал соғыс жылдарында ұлы жыраудың жырлары қазақ-қырғыз арасынан, Алатаудан әрі асып, бүкіл одақтас республикаға, тіпті Испания, Жапония сияқты сырт елдерге, шартарапқа тарағаны аян. Жамбылдың жауынгер жыршы атануы да сондықтан болса керек.

Жамбыл сынды ақын-жыраулардың сонау арғы ғасырлардан жалғасқан ауыз әдебиетінің алтын арқауын кейінгі, жиырмасыншы ғасырдың бел ортасына дейін үзбей жеткізуі – ғажап құбылыс. Бұл көкірегі қазына қарияның жады таңғаларлықтай тұнық, ақыл-ойының қаншалықты кемел де кенен болғанын көрсетсе керек.

Ғасыр жасаған ғұмырында Жамбыл Жабаев замандастары Сүйінбай, Шөже, Құлмамбет сияқты үлкен ақындармен қатар қазақ халқының мәдени өмірінің тарихынан лайықты орын алды. Жүз жасаған абыз артына мол мұра қалдырды. Бұл асыл мұра біз үшін – бүгінде тарлан тарихтың төрінде тұрған құнды дүние.

Бұрынғы өзі тұрған үй қазір Жамбыл ауданында әдеби-мемориалды музейге айналып, ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мол деректі бір жерге тоғыстырып, жылдан жылға толыға түсуде. Мерейтой аясында бұл музей республика көлемінде жылжымалы көрмелерін ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Наурыз айынан бастап ақын кесенесіне реставрация жүргізіліп, Жамбыл ауданы аумағын абаттандыру, ақын есімімен аталған көше жолдарына жөндеу жұмыстары жасалатын болады. Бұл шаралар Жамбыл атамыздың 175 жылдығына орай арнайы әзірленген жоспарға енгізілген. Жалпы жыр алыбының мерейтойлық шараларына 566,1 млн. теңге қаржы қарастырылып отыр.

12 ақпан күні облыс орталығы Талдықорғанда Ұлттық ғылым академиясының академигі Уәлихан Қалижанның «Жамбыл» атты қазақ және орыс тілдерінде шығарылған кітабының тұсаукесері өтті. Онлайн форматта ұйымдастырылған республикалық оқушылар айтысының қорытындысы шығарылып, Жамбыл ауданында ақынды еске алу шарасы өтуде. Сонымен қатар, «Жамбыл менің жай атым» облыстық жыршы-термешілер байқауы, «Төгейін жырды халқыма» республикалық ақындар айтысы, «Жамбыл бейнесі» атты кәсіпқой суретшілер арасында Халықаралық пленэрі өткізіліп, «Жетісу» телеарнасында Жамбыл Жабаев туралы фильм көрермен назарына ұсынылатын болады.

Сондай-ақ, белгілі отандық және шетелдік жамбылтанушы ғалымдар, әдебиетшілер мен ақын-жазушылардың қатысуымен Түркия мемлекетінің Кечьорин ауданында Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу жоспарлануда.

Дала Гомері атанған Жамбыл өткен дәуірдің ғана емес, бүгінгі жаңа заманның да даңғайыр тұлғасы. Оны жас ұрпақ шоқтығы биік, кең тыныста, әлеуметтік үні зор, халықтың өнерпаздық дәстүрін, импровизаторлық қасиетін жиырмасыншы ғасырда жаңа биікке көтерген өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы ретінде тани алуы тиіс. Оған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және республика деңгейінде ұйымдастырылып жатқан жанды шаралар өз ықпалын тигізетініне сенімдімін.

Жамбылтану арнасы жылдан жылға кеңейіп, жаңа ұрпақтың жадында жаңғыра бермек.

ҚЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



ГИБРИДТІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАМИДЫ

Алматы облысында швейцариялық технологияның негізінде шошқа өсіретін селекциялық-гибридті мал шаруашылығы кешені салынады. Шетелдік инвестор компания «KS Genetics Switzerland SA» өкілдерімен облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ кездесіп, екіжақты меморандумға қол қойды.

Еңлік АРЫҚБАЙ

Кездесу барысында облыс әкімі Амандық Баталов инвестор компания өкілдеріне аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, басым бағыттары туралы баяндады.

– Республикада өсірілетін сояның 95% біздің өңірде өсіріледі. Ауылшаруашылығы дақылдарын өңдеу ісі де жолға қойылған. Бізде екі ірі қант зауыты жұмыс істейді. Биылғы жылы қант қызылшасының алқабы 16,3 мың гектарға жетіп, 55 мың тоннаға дейін қант шығарылады. Мал шаруашылығы да дамытылуда. Оған трансұлттық компаниялар да қатысуда. Неміс және американдық компаниялармен бірлесіп, ірі қара мен ұсақ малдың етін өңдейтін екі ірі жоба іске асырыла бастады. Біз сіздермен бірлесіп жұмыс істеуге әр кез қуаныштымыз. Мал шаруашылығы кешенінің құрылысына байланысты ұсыныстарыңызды бірге талқылауға дайынбыз, – деді аймақ басшысы өз сөзінде.

Өз кезегінде «KS Genetics Switzerland SA» компаниясының президенті және акционері Филиппо Ломбарди Амандық Ғаббасұлымен «ЭКСПО» Халықаралық көрмесінде кездесіп, тілдескенін еске алды. Сондай-ақ, шетелдік инвестор мал шаруашылығы кешенін салу туралы жобасын украиндық серіктестермен бірігіп, заманауи швейцариялық технологияны пайдаланып іске асырады.

Айта кетерлігі, шаруашылық жылына 50000 бас шошқа өсіреді. Жобаға 17 млн. евро инвестиция тартылады. Аталмыш кешеннің мақсаты – өнімділігіне кепілдік берілетін, ауруға төзімді, генетикалық манипуляциясыз таза қанды шошқалар өсіру. Жоба туралы кеңінен «KS Genetics Switzerland SA» компаниясының акционері, «KSG Agro» компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Сергей Касьянов баяндады. Оның айтуынша, кешен құрамына репродуктор, ферма және құрама жем зауыты кіреді.

– Сіздердің өңірлеріңізде соя бар, жүгері бар. Біз жергілікті фермерлер дақылдарды бізге қажетті көлемде өсірулері үшін оларды қаржыландырып, дәл сол жерде оларды өңдеуді жоспарлап отырмыз. Енді бірлесіп жобаны жүзеге асыратын жерді анықтаса дейміз. Бізге бұрын сондай фермалар болған алаңдар да жарай береді. Болашақта дайын өнімдерімізді эспорттау да жоспарымызда бар, – деді инвестор.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

АЙМАҚ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ төрағалығымен өткен жиында «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА мен 6 индустриалды аймақты дамытудың мүмкіндіктері мен жоспарлары туралы мәселе қаралды.

Гүлжан ТҰРСЫН

Жиында «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-ның жұмысы туралы бас директор Мұрат Баймұханбетов жан-жақты баяндады. Оның айтуынша, Қорғас ХШЫО аумағында 23 инвестициялық компания өз жұмысын жүргізуде. Олар 10 мыңнан астам жұмыс орны ашылатын, құны 113,17 млрд. теңгелік 32 инвестициялық жобаны іске асыруда. Нысандардың арасында жылына 30 мың тонна өнім шығаратын «SSA Feed Mills» ЖШС-ның құрама жем зауыты, алаңы 25 мың шаршы метрлік «KIF Warehouses» қойма кешені, жылына 15 мың тонна қуаттылықпен жұмыс істейтін «Заря Ltd» ЖШС астық терминалы бар.

Бүгінде жалпы құны 4,4 млрд. теңгелік 7 нысан іске қосылды. Бұл – 30 мың шаршы метр сауда алаңы мен 750 жұмыс орны. Мұрат Баймұханбетовтің сөзін тыңдағаннан кейін облыс әкімі Амандық Баталов экономикалық аймақ инфрақұрылымдарын дамыту қарқынын түсірмеуді тапсырды. Сондай-ақ, құрылыс жүргізбес бұрын инфрақұрылымның дұрыс тартылуына көңіл бөлу керектігін айтты.

«Талдықорған» индустриалды аймағында базальт плиталарын, асфальт, синтетикалық жуу құралдарын өндіретін, өсімдік майын рафинадтап, бөтелкеге құятын 5 кәсіпорын орналасқан. Іле ауданындағы «Боралдай» өндірістік аймағында 14 кәсіпорын жұмыс істейді, оларда 350 жұмыс орны ашылған. Тағы 4 кәсіпорынның құрылысы жүруде. Болашақта инвестициясының жалпы құны 5 млрд. теңгеден асатын кәсіпорын салу жоспарлануда. Сондай-ақ, «Арна» индустриалды аймағын дамыту көзделінуде. Оның аумағында «Маревен Фуд Тянь-Шань» ЖШС-ның азық-түлік өндіретін зауытын салу ірі инвестициялық жобасы жүзеге асырылды. Жобаның құны 15,4 млрд. теңге. Макарон, құрылыс материалдары шығарылып, табиғи құм өндірілген.

Іле ауданындағы «Боралдай», Қапшағай қаласындағы «Арна», Жамбыл ауданындағы «Қазыбек бек» индустриалды аймағында 8 мыңдай жұмыс орны, 300-ден астам кәсіпорын орналастыруға мүмкіндік бар. Бес индустриалды аймақта инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүріп жатыр, «Талдықорған» индустриалды аймағында барлық инфрақұрылым толығымен дайын.

– Индустриалды аймақтарды дамытудың мүмкіндігі мол. Тек қана кәсіпкерлермен жеке-жеке жұмыс істеп, кездесулер, инвест-форумдар өткізіп, жаңа кәсіпорындар ашуға тарту керек. Бұл тікелей аудан, қала әкімдерінің жұмысы. Біз өз тарапымыздан барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етеміз. Қабылданған шараларға қарамастан бұл бағытта аудан, қалалардың жұмысы баяу жүріп жатыр. Барлық жағдайы жасалған «Талдықорған» индустриалды аймағының өзін дамыту сылбыр жүруде. Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы, «Жетісу» ӘКК, аудан, қала әкімдері, компания басқарушылары бірлесіп жұмысты жандандырып, индустриалды аймақтарды дамытумен түбегейлі айналысулары керек. «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА мен индустриалды аймақтардың экономикалық әлеуеті өте үлкен. Оны өңірді дамыту мен халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға дұрыс пайдалана білуіміз керек, – деп Амандық Ғаббасұлы осы салаға жетекшілік ететін өз орынбасары Серік Тұрдалиевке және тиісті басқармалар мен департаменттерге тапсырма берді.

Басқосу барысында жұмысты жүргізу үшін әкімшілік кеңселер салу, оның жұмыс жүргізуге ыңғайлы болуы жайлы ой айтылды. Жиынжай, әріптестерді қабылдау залдарының болуы да назарға салынды.

БРИФИНГ

Журналистер үйіндегі «Jetisy media» ақпараттық алаңында «Алматы облысында Алғыс айту күнін мерекелеу» тақырыбында баспасөз-мәслихаты өтті.

ТУҒАН ЕЛГЕ МЫҢ АЛҒЫС!

Оған облыстық «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары Жандос Байқамитов қатысты. Спикер Қазақстандағы сыйластық пен бауырмалдық этностар арасындағы өзара түсіністікті бейнелейтінін айтты.

– Қазақстан қуғын-сүргіннен зардап шегіп, жер аударылған талай ұлт пен ұлыстарға ортақ үй бола білген. Сол қиын-қыстау жылдары қазақ халқы мұқтаж жандарға қол ұшын созып, мейірімділік, адамгершілік және адами жанашырлық танытты, болашақтарына үміт сыйлады», – деді ол. Облыста Алғыс айту күнін мерекелеу «Туған елге мың алғыс!» атты жалпыұлттық челлендж эстафетадан басталған еді. Эстафетаның қатысушылары әлеуметтік желілерде өздерінің алғысын жариялап, бөліседі. Сондай-ақ, Қаратал ауданындағы Бастөбе тауының етегіндегі «Қазақ халқына мың алғыс!» монументінің жанында салтанатты митинг өтеді. Сол күні Талдықорған қаласының Оқушылар сарайында «Үлкен ел – үлкен отбасы» жобасы аясында Алғыс айту күніне орай «Біз алғысқа бөленген елде тұрамыз!» атты форум өтеді. Жандос Бауыржанұлының сөзінше: «Қайырымдылық керуені: 30 игі іс» марафоны басталмақшы. Акция халықтың әлеуметтік осал топтары, аз қамтылған азаматтар, көпбалалы және толық емес отбасыларына қолдау көрсетуге бағытталған. Баспасөз мәслихатында журналистер спикерге акциялар өткізу барысында мұқтаж жандарға баспана әперу, балаларын оқыту сияқты ірі шаруалармен де шұғылданса деген ұсыныстарын айтты. Спикер ұтымды ойдың қолдау табатынын айтты.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Жиында тұрғын үй саясатындағы жаңа тәсілдер және су тасқыны кезеңіне дайындық мәселесі қаралды.

Тұрғын үй мәселесіне қатысты Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Айдар Әріпханов, «Отбасы банкі» басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова, «Qazaq stroy» ЖШС атқарушы директоры Нұрлан Артықбаев баяндама жасады.

Үкімет отырысы барысында нарықтық жағдайда баспана көлемін арттыруды қаржыландыру бойынша бірнеше тәсіл әзірленген. Осы орайда «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында жеңілдікпен берілетін тұрғын үйлерді сата отырып, мұқтаж азаматтардың кезегін орталықтан қалыптастырып, жүргізетін «Отбасы банк» құрылған. Сондай-ақ, биыл барлығы 17 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 2 млн. шаршы метрге артық.

Импорттелатын құрылыс материалдарының отандық өндірісін дамыту аясында жақын арада газбетон блоктарын, қасбеттік фиброцементті плиталар, жылу оқшаулағыш материалдар, сэндвич-панельдер, темір-бетон конструкцияларын, керамикалық плиталар өндіру бойынша жалпы құны 63 млрд. теңгеден асатын жеке инвесторлардың жобаларын іске асыру жоспарланып отыр.

Премьер-Министр осы жылдың 25 наурызына дейін тұрғын үй саясатындағы жаңа тәсілдерді іске асыру және биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасына тиісті өзгерістер енгізу үшін заңнамаға түзетулер енгізу туралы заң жобасын Үкіметке енгізуді тапсырды.

– Тұрғын үй саясатын тиімді іске асыру Елбасы Н. Назарбаевтың 2030 жылға қарай баспанамен қамтамасыз етуді 1 адамға 30 шаршы метрге дейін жеткізу туралы тапсырмасын орындауға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын таныстырған кезде алдағы бес жылда 100 млн. шаршы метрден астам үй салуды тапсырды. Осылайша біз 1 миллионға жуық отбасын үймен қамтамасыз ете аламыз, – деген А. Ұзақбайұлы аймақтардағы құрылыс маусымын уақытылы бастауға тоқталды. Сондай-ақ, жауапты тұлғаларға жер учаскелерін дер кезінде бөліп, оларға қажетті инфрақұрылым жүйесін жүргізуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша елді мекендерді су тасқынынан қорғау үшін 2021-2023 жылдарға арналған су тасқынына қарсы іс-шаралардың жол картасы бекітілген. Оны іске асыруға 160 млрд. теңгеден астам қаражат бөлу жоспарлануда. Алдағы су тасқыны кезеңіне дайындық аясында жанар-жағармай, инертті материалдар мен қап қорлары қалыптастырылды. Шұғыл шығындарға арналған төтенше резервтер қарастырылды. Шамамен 13 мың бірлік техника, 500-ден астам жүзу және 2500-ден астам су айдайтын құралдан тұратын азаматтық қорғау заттары айқындалды. Елді мекендерден 13 млн. текше метрден астам қар шығарылды.

Наурыз айының басында «Көктем – 2021» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуын өткізу жоспарлануда. Шара барысында Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің дайындығы тексеріледі. Сондай-ақ, ТЖМ авариялық-құтқару бөлімшелерінің күштері мен құралдарының тобын құрды. Яғни, 10 мыңнан астам қызметкер, 1800-ден астам техника, 27 тікұшақ, 330 жүзу құралы және 1,3 мың мотопомпа дайын. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде 3 мың адамға арналған шатырлы лагерьлер дайындалып, Қазавиақұтқару әуе кемелері тұрақты дайындықта.

Үкімет басшысы Асқар Ұзақбайұлы бір ай ішінде барлық гидротехникалық құрал-жабдықтарды тексеріп, қалпына келтіруді тапсырды. Одан бөлек, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктеріне заңнамаға сәйкес қараусыз жатқан гидротехникалық құрылыстар бойынша меншік құқығын беру мәселесін аяқтау жүктелді. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне және өңірлердің әкімдіктеріне автомобиль жолдарында су басуға жол бермеу, көпірлер мен су өткізу құрылыстарын уақытылы дайындау тапсырылды.

– Аймақ әкімдері қар шығару, арықтарды, нөсер кәріздерін тазарту, уақытша жер үйінділері мен бөгеттерді тұрғызу жұмыстарының, оның ішінде ауылдық елді мекендер мен тұрғын үй алаптарында уақытылы жүргізілуін қамтамасыз етуі қажет, – деп А. Ұзақбайұлы Үкімет отырысын қорытындылады.

Е. МАРХАБЕККЫЗЫ

МӘСЕЛЕ

ЕКІ ТҮЙЕ СҮЙКЕНСЕ...

Коттеджді қалашық тұрғындарының газ ақысын төлеуге қатысты мәселесі өз шешімін табатын болды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов коттеджді қалашық тұрғындарымен кездесуінде «ҚазТрансГаз Аймақ» Жетісу өңірлік филиалының және қалашықтың пәтер иелері кооперативінің өкілдеріне әрбір тұрғынмен кездесіп, газ ақысын кезең-кезеңге бөліп, жарты жыл көлемінде толық жинап бітіруді тапсырды.

Қажет АНДАС

Жалпы, «ҚазТрансГаз Аймақ» Жетісу аумақтық филиалының есебінше, тұрғындар төленуге тиісті газдың ақысы 16 млн. теңгеден асып кеткен. Бірақ қарызға батқан 212 отбасын тізім бойынша тексергенде кейбірінің берешегі 100 мың. теңгеден асып кетсе, жаңадан үй алғандардың арасында 400-500 теңге төлейтіндер де кездеседі.

Бұл жерде қалашық тұрғындарын кінәлауға келмейді. Олар газдың ақысын әр ай сайын төлеуіне болатын еді. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, коттеджді қалашықтағы газ ақысын төлеуге қатысты түсінбеушіліктің туындауына құбыр – «Табиди» ЖШС-не, газ – «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ға тиесілі болғаны себеп болып отыр.

Нақтылап айтар болсақ, коттеджді қалашық бой көтеріп, құрылыс жұмысы қарқынды жүргізілген тұста қалашықтағы газ құбырын тарту міндетін «Табиди» ЖШС өз жауапкершілігіне алады. Қалашықтың алғашқы тұрғындары қоныстанған тұста «Табиди» ЖШС біраз уақыт өз тарапынан тұрғындарға газ жеткізіп, қиындықтарын шешіп береді.

Кейін коттеджді қалашықтағы үйлер «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу филиалы тарапынан табиғи газға ауысады. Сонымен, құбыр бір мекемеге, ал газ екіншісіне тән болғандықтан газ ақысын жинауға қатысты екі мекеме арасында келіспеушілік туындайды. Соның салдарынан тұрғындар газдың ақысын қай мекемеге төлерін білмей сабылып жүргенде білінбей екі жыл өте шығады. Өкінішке қарай, екі жыл бойы коттеджді қалашықта тұрған тұрғындардың газ ақысы жиналып, қалтасына жүк түсіретін деңгейге жеткен.

Облыстық әкімдіктің араласуымен «Табиди» ЖШС мен «ҚазТрансГаз аймақ» АҚ ортасындағы келісім бойынша тұрғындар осыған дейін қолданған газ ақысын «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өңірлік филиалына төлейтіні белгілі болды. Ал коттеджді қалашықты одан ары қарай қай мекеме газбен қамтамасыз ететіндігі алдағы уақытта шешіледі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы облысының Ақсу аудандық сотына Талдықорған қаласындағы «Жастар» ш/а, 48-үй мекенжайы бойынша орналасқан **«Айналайын» Балалар үйі» КММ-нен** 1982 жылы дүниеге келген **Людмила Федорович Владимировнаның** із-түссіз жоғалғандығы туралы өтініш келіп түсті.

Егер оның тұрғылықты жері туралы білетіндер болса, сотқа басылымдарға хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан 3 «А», Ақсу аудандық сотына хабарлауыңызды сұраймыз. Тел.: 8-(72832)-2-15-85, ұялы телефон: 87786795022, электрондық пошта: 050204@sud.kz»

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Jetisý

№ 25
(18877)
Senbi,
27 aqpan
2021 jyl

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz
Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ЖАМБЫЛ – 175



Амандық БАТАЛОВ,
Алматы облысының әкімі:

ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Жер-суы қасиетті, жерұйық мекен, құтты қоныс Жетісу биылғы жылға ерекше рухани кезеңмен аяқ басты. Осы жыл қазақ өнерінің қайталанбас тұлғасы, халық поэзиясының көрнекті өкілі, айтыстың ақтаңгері, эпик ақын, жыршы-жырау Жамбыл ЖАБАЕВТЫҢ 175 жылдығымен бастау алды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Өнерін сүйген, өнерпазын мәпелеген елдің қашанда мәртебесі жоғары», – деген еді. Соның жарқын көрінісіндей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ақынның мерейтойын ұйымдастыру үшін арнайы комиссия құрылып, республика көлемінде рухани құндылықтарымызды насихаттау жолындағы маңызы зор бұл шараға айрықша мән берілді.

Жуырда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев өңірге арнайы келіп, Жамбыл бабаның 175 жылдығына дайындық шараларын пысықтап, жыр алыбының рухына тағзым етіп, мерейтойдың алғашқы қадамын жасап берді. «Жамбыл–менің жай атым, Халық – менің шын атым»,– деп өзі жырлағандай, ақынның тойы байтақ қазақ даласында, барша халық арасында жалғасқан ортақ қуанышқа ұласып, бас қаламыз Нұр-Сұлтанда негізгі шаралар легі басталды.

Жыл сайын ақпан айының 28-і Жамбыл күнін атап өту – біздің Жетісу өңірінде қалыптасқан игі дәстүр. Осы тағылымды шараның дәуірден дәуірге жалғаса беретініне күмәнім жоқ.

Қазіргі Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегінде дүние есігін ашқан жыраудың алып жүрегі Ұзынағаш маңында мәңгілік дамыл тапқан. Бала күнінде-ақ «Атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болар» деп Бөлтірік батырдан бата алған, Жетісу ақындарының алтын діңгегі Сүйінбайды пір тұтқан Жамбыл өзі де бәсі бөлек, десі басым ақын болғаны көпшілікке аян. Өскен ортасы, алған тәрбиесі, көрген өнегесі ұлттың бар ұлық қасиеттерін бойына дарытқан Жамбыл ақынның қара өлеңде жүйрік болмауы мүмкін емес те еді.

Ақын мен оның ұстазы Сүйінбай Аронұлының Ұзынағаш өңіріндегі киелі кесенелері кейінгілерге шапағатын шашып, өзара үн қатысып жатқандай көрінеді.

(Соңы 2-бетте)

ЖАЙДАРМАН

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Жыл сайын дәстүрге айналған спорттық мереке биыл да жалғасын тапты. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы өткен жылды қорытындылап, жаңа жылдың жоспарын саралады. Дәстүрлі басқосу Салтанат сарайында өтті. Жиынға өткен жылдың үздігі атанған спортшылары, бапкерлері мен спорт мектептерінің директорлары қатысты. Жыл қорытындысына облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ арнайы қатысты.



Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Облыстағы барлық спорт мектептеріне шағын автобустар алынған болатын. Шара басталмай тұрып Амандық Ғаббасұлы ғимарат алдында тіз қатар тізілген автокөліктерді аралап көрді. Одан кейін спорт саласындағы жетістіктер мен даму көрсеткіштері жайлы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев таныстырып өтті.

Жиында алдымен өңірдегі спорт саласының өткен жылғы дамуы, спортшылардың жеткен жетістіктері туралы бейнематериал көрсетіліп, жеңісті жолдары таныстырылды. Әрине, өткен жыл барлық салаға қиын болды. Әлемді жаулаған пандемия спорт саласын да тұралатып тастады. Республикалық, әлемдік деңгейдегі жарыстар тоқтатылып, спортшылар жарыстан қол үзді. Осындай қиындықты бастан өткізген жерлестеріміз ағымдағы жылы өтетін жарыстан құралақан қалмайтынына сенім мол.

Өткен жылдың толайым табыстарын саралаған бейнеүзіктен кейін алғашқы болып сөз алған облыс әкімі Амандық Баталов спорт саласына көрсетіліп отырған қолдаулар жайлы қысқаша айтып, спортшыларға шеберлік, ерік-жігер, күш-қайрат тіледі.

– Қазіргі кезде барлық жастағы азаматтар арасында бұқаралық спортты дамытуға баса назар аударылып келеді. Біз әрбір аудан орталығында заманауи спорт кешендерін салып жатырмыз. Өткен жылы Қарасай және Ескелді аудандарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ашылды. Жақын арада Көксу ауданы Балпық би ауылындағы спорт кешені ашуға дайын.«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша Балқаш, Алакөл, Үйғыр, Ақсу, Райымбек аудандарында 5 осындай кешен салынып жатыр. Бұл жалпы тұрғындарды, жастарды бұқаралық спортқа, дене шынықтыруға көптеп тартуға мүмкіндік береді. 2020 жылы облыста спорт саласын дамытуға 18,3 млрд. теңге бөлдік. Жуырда Талдықорған қаласында Орта Азияда теңдесі жоқ олимпиадалық стандартқа сай «Талдықорған» орталық бассейнін іске қосамыз. Мұнда балаларымыздың бассейнде емін-еркін жаттығуына мүмкіндік туады. Бұл ғимаратта әлем чемпионаттарын өткізуге болады. Сол сияқты біз спорт мектептерін ашып, штат беріп, арнайы көлік сатып әперіп отырмыз. Материалдық-техникалық базаны жақсарту шаралары спортшы жастардың жақсы нәтижеге жетуіне ықпал етеді деп ойлаймын. Еліміздің Көк Туы әрқашан биікте желбіресін. Істеріңіз сәтті болып, алға қойған мақсат-мұраттарыңызға жете беріңіздер, – деді А. Баталов.

Бұдан әрі марапаттау рәсіміне көшіп, үздік спортшыларға Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын, арнайы дипломдар және 300 мыңнан 2 млн. теңгеге дейінгі ақшалай сертификаттар тапсырды.

Марапат алғандар қатарында ММА спортынан ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 3 дүркін әлем чемпионы Ардақ Назаров, кәсіпқой боксшылар Жанқош Тұраров пен Айдос Ербосынұлы, тәрбиеленуші спортшылары халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін бірқатар жаттықтырушылар – садақ атудан Нигматулла Сайдиев, велоспорттан Санат Таласпаев пен Сәбит Тайменкенов, әйелдер күресінен Әділет Ермаков, пауэрлифтингтен Дәурен Елубаев, шахматтан Қуаныш Жарқымбаев, сол сияқты велоспорттан ҚР-дың 2020 жылғы чемпионы Бақытжан Бектенов, 10 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында шахматтан өткен онлайн әлем чемпионатының күміс жүлдегері Елназ Қалиахмет, индорхоккейден әйелдер арасындағы ҚР чемпионы Виктория Лобанова, баскетболдан әйелдер арасында ҚР чемпионы Диана Бушмелова және басқа да бірқатар азаматтарға құрмет көрсетілді.

Облыстағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріне барлығы 22 шағын автобус көлігінің кілті берілді. Осы басқосуда спорт саласын ақпарат құралдарында насихаттап жүрген журналистер де марапат алды.

Жиын барысында Ардақ Назаров пен Виктория Лобанова сөз алып, әріптестерін мерекелі күнмен құттықтап, болашақта Жетісу өңірінен әлем чемпиондары көптеп шығуына тілектестігін білдірді.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен өткен онлайн кездесуде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өтетін мерекелік шаралардың жоспары таныстырылып, алдағы міндеттер айқындалды. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары, аудан, қала әкімдері қатысты.

Қажет АНДАС

– Міне, Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болды. Іргесі бекіген елге айналып, етек-жеңімізді түріп, төрт құбыламызды түгендедік. Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы ұлы арманы болса, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясаты мен ерен еңбегінің нәтижесінде тәуелсіздіктің қысқа мерзімінде еліміз түрлі салада ауқымды реформаларды табысты жүзеге асырып, ел экономикасы мен әлеуметтің әлеуетін көтеруде ересен істер атқарылды. Сондықтан тәуелсіздіктің 30 жылдығын ел болып ерекше тұрпатта өткізу – бүгінгі буынның парызы. Осыған орай, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, іс-шаралар жоспары жасалғаны белгілі. Басқосу мақсаты – Мемлекет басшысының тапсырмасын негізге ала отырып, облыста мерейтойды жоғары деңгейде өткізу мақсатындағы жоспарды нақтылап, жауапты адамдарды белгілеп, орындалуын қатаң қадағалау, – деді Лаззат Махатұлы.

Бүгінгі таңда облыста 30 жылдыққа орай 257 тармақтан тұратын облыстық жұмыс жоспары бекітіліп, оның аясында мыңнан астам іс-шара қарастырылып, 57 тармақтан құралған медиажоспар әзірленіпті. Бұл туралы жиын барысында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Рустам Алпысбаев жан-жақты таныстырып шықты.

Оның айтуынша, тәуелсіздіктің 30 жылдығы идеологиялық тұрғыдан тарихи оқиға болғандықтан оның тұжырымдамасын «Жасампаздыққа толы жылдар» деп атауды жөн көріпті. Тұжырымдама аясында елімізде және аймағымызда 30 жылдықта жеткен жетістіктер толығымен көрсетілуі керек. Осыған орай, мамыр айында Қарасай ауданы, Шамалған ауылындағы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының «Атамекен» тарихи-өлкетану музейінде республикалық «Елбасының Тәуелсіз Қазақстанды құрудағы дара жолы» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылады. «Елбасы және оның Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы рөлі» және «Елбасы түлеткен Талдықорған» атты фильмдер түсірілуде. Сондай-ақ, Семей полигонының жабылғанына 30 жылдығына орай аудан, қалаларда арнайы жоспар әзірленіп, бейбітшілік акциялары өтеді. Жыл бойы инфрақұрылымдық нысандар ашылып, жалпыұлттық «Қайырымдылық марафоны» жобасы аясында аудан, қалаларда еріктілер қозғалысы бастау алады. Сондай-ақ, тарихи тұлғалар мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еңбек еткен облыстың құрметті азаматтардың дара жолын насихаттау мақсатында облыста 33 атаулы күн белгіленіп, арнайы мәдени-ағартушылық шаралар қарастырылған. Облыс аумағында республикалық ақындар айтысы, спорттық турнирлер де өтеді деп жоспарланған.

Тағы бір айта кетерлігі, облыстағы іс-шараларды өткізуге БАҚ өкілдері белсенді түрде жұмылдырылып, ақпараттық қолдау көрсетіледі. Осыған орай, «Жетісу» телеарнасында «Тәуелсіздік жылнамасы» (30 шығарылым), «Тәуелсіздік тұлғалары» (30 шығарылым), «Тәуелсіздік жырлары» атты ақындар арасындағы ТВ-байқау» сияқты деректі фильм, арнайы тележобалар шығарылады. Газет-журналдар мен олардың сайттарында, әлеуметтік желілерде «Мемлекет мерейі», «Юбилейная дата», «Тарих тағылымы», «Достояние республики» атты мерекелік айдарлармен ақпараттық материалдар жарияланауда. Сондай-ақ, Алматы облысында Тәуелсіздіктің 30 жылында құрылыс, тұрғын үй, бюджет, салық, әлеуметтік салалардың дамуын көрсететін статистикалық инфографикалар жарияланады. «Тәуелсіздіктің 30 жылында Алматы облысының жетістіктері» атты кітап шығарылмақ. Облыс бойынша жыл көлемінде Тәуелсіздік тақырыбына 1000 билборд, 30 лайтбокс, 52 аспалы қондырғы, 225 стенд орналастырылады. Облыстың 19 LED-экранында арнайы видеороликтер шығарылады. «JETISU MEDIA» ақпараттық алаңында өңірді дамытудың барлық салаларын қамтитын 124 баспасөз конференциясы, 21 баспасөз туры жоспарланған. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша 30 жылдық мереке аясында ел дамуына үлес қосқан жетісулықтардың тізімі толықтырылып, олардың өнегелі істері насихатталмақ.

Осыдан кейін аудан, қала әкімдерінің де мерекеге дайындық барысы тыңдалды. Соңында Лаззат Махатұлы аудан-қала әкімдеріне мерекеге орай қолданысқа берілетін индустриялық-инновациялық және әлеуметтік нысандардың құрылысын сапалы, мерзімінде тапсырылуын бақылау, қаржыны жүйелі жұмсап, халықтың әлеуметтік жағдайына баса мән беріп, облыстың жетістіктерін паш ететін шаралар өткізілуін қамтамасыз ету, «Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» жобасы аясында ауылдардың жетістіктерін көрсету, Талдықорған қаласы көшірілгенінде 20 жыл жетістіктерін көрсету, «Қайырымды істер» марафонын ұйымдастыру, жастардың өзекті проблемаларын шешу бойынша «Тәуелсіздік ұрпақтары» ұлттық жобасы аясында жастарды қолдау шараларын ұйымдастыруға қатысты бірқатар тапсырма жүктеді.

ТІЛШІ ТОЛҒАМЫ

«Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті, Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

ҚАРАШЫҒЫМДАЙ ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Қабырғасы хан орданың уығындай, басы тәует, тұяғы жұмыр тұлпарды тақымына салып, тағдырымен егіз еткен сонау ықылым заманнан бері айбарлы бабаларымыз намысын қолдан бермеді. Алып Ер Тоңғадан бергі шежірелі ұмыр белесіне салқамдықпен көз тастап, сырбаздықпен ой сорақтар болсақ, біздің рухымыздың айнымас өзегіндей болған еркіндік – арда қасиет екенін пайымдар едік. Бұл тұжырымды ұлы түркінің ата жұртында айбарымен, сесімен ұмыр кешіп жатқан қазақ халқына қарата айтамыз. Дегенмен, біздің қансіңді тарихымыздың ұлы жазбасы тереңінен жазылып, түп-тамырымен бедерленіп бітпегені баршаға аян.

(Соңы 3-бетте)

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЕЛ ҚОРҒАУ – ЕР ПАРЫЗЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен азаматтарды 2020 жылдың күзіндегі әскерге шақыру қорытындысы және 2021 жылғы көктемгі шақыруды сапалы өткізуге арналған кеңес өтті. Селекторлық режимдегі жиынға аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, медициналық және шақыру комиссиясының, жергілікті әскери басқару органдарының, полиция департаментінің өкілдері қатысты.

Маулен ӘНЕРБАЙ

Тақырыпқа қатысты баяндама жасаған облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, полковник Талғат Дәулетханов былтыр күзде Жетісу жерінде 1994-2002 жылдар аралығында туған 1971 азаматты шақыру көзделгенін, нәтижесінде 2031 адам әскерге аттанып, жоспар 103 пайызға орындалғанын атап өтті.

– Әскерге шақыру жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүргізілді. Шақырылғандарды сапалы медициналық тексеруден өткізу үшін аудан, қалаларда 21 медициналық комиссия және Талдықорған қаласындағы облыстық қабылдау пунктінде бір медициналық комиссия құрылды, – деген Талғат Жасболатұлы әскерге шақыру науқанына дәрігерлердің жетіспейтінін мәселе ретінде көтерді. – Мысалы, Талдықорған қаласында психиатр, Сарқан ауданында дерматолог, Балқаш ауданында офтальмолог, лор, психиатр, Ескелді ауданында офтальмолог, Қаратал ауданында офтальмолог, невропатолог, дерматолог жоқ. Кей аудандардағы емханалар мен ауруханаларда медициналық құрал-жабдықтармен қатар диагностикалық зертханалар жетіспейді. Сондықтан әскери міндетті жастар тексерістен өту үшін Талдықорған қаласына келуге мәжбүр.

Баяндамашының айтуынша, аудандардың басым бөлігіндегі әскерге шақыру пункттері тарлық ететіндіктен медициналық комиссия құрамындағы дәрігерлер адамдарды бір бөлмеде қабылдайды. Айталық, облыс орталығындағы 74 адамға арналған шақыру пунктіне бір кезеңде 50-ден 90-ға дейін адам келіп, тексеріледі. Көтерілген мәселелерді мерзімінде шешу үшін жауапты тұлғаларға тапсырма берген Лаззат Махатұлы Іле және Көксу аудандарының әкімдеріне сын айтып, түрлі сылтаумен әскерге шақыру ісіне кедергі жасаған азаматтарды жергілікті полиция басқармасының мамандарымен бірге іздеп, табуды тапсырды. Көктемгі әскерге шақыруды сапалы өткізу үшін жүйелі жұмыс істеу керектігін де ескертті.

Бүгінде көктемгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Түбегейлі тексеруден өткен Жетісу жерінің азаматтары ҚР Қарулы Күштерінде, ҰҚК Шегара қызметінде, Президенттің Мемлекеттік күзет қызметінде, ҚР ІІМ Ұлттық Ұланының қатарында әскери борышын өтейді. Отбасылы ер-азаматтар кәмелетке толмаған балалары болған жағдайда, сондай-ақ, жоғары оқу орнында күндізгі бөлімде білім алып жатса және денсаулығына байланысты ем қабылдап жүрсе уақытша борышын өтеуден босатылады.

ӘЗЕКТІ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ СӨЗ БОЛДЫ

Облыстық әкімдікте аймаққа арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік ҚОЖАНИЯЗОВ пен облыс әкімінің орынбасары Серік ТҰРДАЛИЕВТІҢ төрағалығымен өткен басқосуда су тапшылығы мәселесі сөз болды.

Қажет АНДАС

Шараға онлайн режимде аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары да қатысып, өз ұсыныстарын ортаға салды.

– Біз осыған дейін оңтүстік өңірдегі облыстарды аралап, суландыру маусымы басталмай тұрып, нақтылы жағдайды бағамдап қайту үшін келіп отырмыз. Қатарымызда бірнеше министрліктің өкілдері бар. Жалпы, еліміздегі суармалы жердің 90 пайызға жуығы оңтүстіктегі төрт облысқа тән. Соның ішінде Жетісу өңірінің үлесі басым екендігі белгілі. Өткен жылы тұрғындар су тапшылығын анық сезінді. Бұл алдағы уақытта да қайталануы мүмкін. Өйткені қазіргі жағдай бойынша Алматы облысы су қоймаларына жиналған су мөлшері өткен жылдармен салыстырғанда төмен. Ал суландыру маусымы басталғанша керекті су мөлшерін жинай аламыз ба? Бұдан өзге де толғандыратын мәселе баршылық. Сондықтан, өткен жылдағы қиындықтарды саралап, нақты қорытынды шығарып, су тапшылығының алдын алу керек, – деді Серік Салаватұлы.

Осыдан кейін сөз алған «Қазгидромет» РМК облыстық филиалы, облыстық ауылшаруашылығы басқармасы, "ҚазСуШар" РМК облыстық филиалы «Қапшағай», «Бартоғай» су қоймаларының басшылары нақтылы жағдайды таныстырды. Олардың айтуынша, биылғы қар қалың болғанымен қар суының есебімен қоймалардағы су мөлшері жылдағыдай деңгейге жете қоюы мүмкін емес. Өйткені, су мөлшерінің төмендеуіне климаттағы өзгерістер мен трансшегаралық өзендердегі су мөлшерінің азаюы және жыл сайын суармалы егіс алқаптарының артуы әсер етіп отыр.

Айталық, былтыр дәл осы уақытта «Қапшағай» су қоймасында 17 млрд. 42 млн. текшеметр су болса, биыл 16 млрд. 160 млн. текшеметр су жиналған. "Қапшағай" су қоймасындағы су егіс алқаптарын суғарумен қатар ауызсу үшін де пайдаланатынын ескерсек, жағдай қиын. Оның үстіне, Балқаш ауданындағы күріш дақылының егіс көлемінің жыл сайын артуы да «Қапшағай» су қоймасына салмақ салып отыр. «Бартоғай» су қоймасындағы жағдай да дәл солай. Оның үстіне, «Бартоғай» су қоймасы қолданысқа берілгеннен бері бірде-бір рет күрделі жөндеу жұмысы жүргізілмегендіктен су шығыны да артып келеді.

Ал облыстық ауылшаруашылығы басқармасының ақпараты бойынша, аймақта ауылшаруашылығы мақсатындағы жер 1 млн. гектардан астам, оның ішінде 583 мың гектары суармалы жер санатында. Жыл сайын егіс алқаптары, оның ішінде, суармалы жер көлемі ұлғайғанымен оған керекті су мөлшерінің азайып отырғаны белгілі. Алайда облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы облыс тұрғындарының суға деген қиыншылығын «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша қолға алынған каналдар, қайта жөнделген «Қызылағаш» су қоймасы мен бірнеше жылдан бері Ислам даму банкінің қаржыландырылуымен жүргізілген Көксу, Ескелді, Ақсу, Алакөл аудандарындағы ирригациялық жүйелерді қайта жаңғырту жобасынан үлкен үміт күтетінін жеткізді.

Вице-министр облыстық әкімдіктегі басқосу алдында Ескелді ауданы, Жеңдік ауылына барып, жұмыс барысын бағамдап, атқарылған шараларға көңілі толмайтынын ашық білдірді. Жеңдік ауылындағы кездесуде «ҚазСуШар» облыстық филиалының директоры Саят Құдайбергенов істелген жұмысты жақсы қырынан көрсетуге тырысқанымен шешуге тиісті кемшіліктің шашетектен екендігі белгілі болды. Өйткені, 2016 жылы бекітілген Ескелді ауданындағы ирригациялық жүйелерді жаңғырту жобасы дұрыс болмағандықтан қайта қаралыпты. Каналдардың басым бөлігі жаңғыртылғанымен оның су беру мүкіндігі аз болғандықтан қосымша көне су арналарын шарасыз пайдаланып отырғаны да белгілі болды. Аталған аудандағы ирригациялық жүйелерді жаңғырту жұмысына мердігер «Асатай» ЖШС өкілдері вице-министрге атқарған жұмысына төленетін тиесілі қаржыны ала алмай отырғанын айтып, жұмыстың жүйелі жүретіндігіне сенімсіздік танытты.

Облыстағы су шаруашылығын реттеуге қатысты мұнан өзге де атқарылатын дүние аз емес. Оны облыстық әкімдіктегі кездесуде аудан, қала әкімдері ұсыныс ретінде білдірді. Олар Талдықорған қаласының іргесіндегі Дауылбай, Көктал, Алмалы ауылдарының суармалы егістіктерін сумен қамтамасыз етуге қолайлылық тудыру үшін Балақты өзені арнасынан, Панфилов ауданындағы жүгері дақылының егіс көлемін ұлғайту үшін Қорғас, Өсек өзендерінің бойынан су қоймасын, Балқаш ауданындағы күріш дақылын өсіретін жерді қысқартып, экологиялық жағдайды ушықтырмау үшін Іле өзенінен су алатын Тасмұрын және Бақанас каналдарына үрлемелі платина, Кеген ауданы аумағынан еріген қар суларын жинақтайтын жобалық-сметалық құжаты әзірленген 9 су қоймасын салуға керекті қаржы бөліп, қолдау танытуын өтінді.

Барлық тараптың есебі мен ұсынысын толық тыңдап шыққан вице-министр Серік Қожаниязов тексеріліп, анықталған жағдайлар мен өңірлерден түскен ұсынысты министрлікте көтеріп, оның шешілуіне қолдау танытатынын білдірді. Сондай-ақ, алдағы суландыру маусымына байланысты тиісті мекеме басшылары мен аудан, қала әкімдіктеріне тапсырма берді.

СЕЛЕКТОР

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН ДАМИДЫ

Облыста ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында 373 кәсіпорын жұмыс істейді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өндірілген ауылшаруашылығы өнімінің көлемі шамамен 281,2 миллиард теңгені құрады. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен өткен Үкімет отырысында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ селекторлық байланыс режимінде мәлімдеді.

Жетісу жеріндегі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, ішкі нарықты отандық азық-түлікпен толықтыру жөнінде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндаған Амандық Ғаббасұлы:

– Өткен жылы қант қызылшасын өндіру 2 мың гектарға, жүгері 4,5 мың гектарға, жемшөп дақылдары 4,7 мың гектарға артты. Тамақ өнеркәсібінің ірі зауытының бірі «Маревен Фуд Тянь-Шань» ЖШС қазірдің өзінде өнімнің 65 түрін 8 жақын және алыс шетелге экспорттайды. Өңірде он құс фабрикасы жұмыс істейді. 2020 жылы 85,1 мың тонна құс еті және 994,8 млн. дана жұмыртқа өндірілді. Мал шаруашылығы саласында 2025 жылға дейін 22 тауарлы-сүт фермасын және 30 бордақылау алаңын ашу жоспарлануда, – деді.

Өңір басшысының айтуынша, ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерді заманауи техникамен қамтамасыз ету мақсатында «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы барынша қолдау көрсетілуде. Биыл Ескелді және Көксу аудандарында пилоттық жоба іске қосылды.

Өз кезегінде Асқар Ұзақбайұлы «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында ауылшаруашылығы өнімдерін (ет, сүт, астық, майлы дақылдар, жемістер, көкөністер мен қант) өндіру және қайта өңдеу, субсидиялау жүйесін реформалау, ауылда кооперацияны ынталандыру, сондай-ақ, ветеринариялық және фитосанитариялық қызметтер мен аграрлық ғылымды одан әрі дамыту бойынша 7 ірі экожүйені құру жөнінде міндеттер қойылғанын атап өтті. Сонымен қатар, облыс әкімдеріне азық-түліктің негізгі түрлеріне бағаны тұрақтандыруға бақылауды күшейтіп, өңірлерде тұрақтандыру қорларын қалыптастыру тәсілдерін қайта қарауы, азық-түлікті форвардтық сатыпалу тетіктерін неғұрлым кеңінен пайдалануға назар аударуды тапсырды.

Келесі кезекте ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой медициналық-санитарлық алғашқы көмекті (МСАК) дамыту жөніндегі шаралар бойынша баяндама жасады. 2025 жылдың соңына дейін 487 нысанды салу жоспарланған. Сонымен қатар, 600-ден астам алғашқы медициналық көмек көрсету нысандарын күрделі жөндеуден өткізу қажеттігі айтылды.

Үкімет басшысы Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарындағы амбулаториялық-емханалық нысандарды техникалық жабдықтау деңгейінің төмендігі мен ғимараттардың тозғанын атап өтті. Сондай-ақ, ауылдарға мамандар тарту және жас медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қажеттігіне тоқталды. Әкімдіктерге Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, өңірлерде жаңа учаскелер ашу, жеке секторды дамыту және тарту арқылы МСАК дәрігерлерінің жүктемесін азайтуды қамтамасыз ету, сондай-ақ, жас медицина қызметкерлерін, әсіресе, ауылға жұмысқа келген жас мамандарды материалдық ынталандыру шараларын қабылдау тапсырылды.

Мәулен ДАНИЯРҰЛЫ

ЖИЫН

Облыстық кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесі кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін талқылады. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік ТҰРДАЛИЕВ және өңірлік кеңес мүшелері қатысты.

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Кездесуде облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы Римма Салықова өңірлік кеңестің билік пен бизнес қоғамдастық арасындағы алтын көпір болып табылатынын атап өтті. Облыстың 35 кәсіпкерінен тұратын өңірлік кеңестің жаңа құрамы 2020 жылғы шілдеде онлайн-режимдегі сайлау қорытындылары бойынша сайланды. Кеңес мүшелігінде өңірлік кәсіпкерлер палатасында аккредиттелген аудандар мен қалалардағы кәсіпкерлік субъектілерінің, қауымдастықтардың (одақтардың), өзін-өзі реттейтін ұйымдардың өкілдері бар.

Серік Мелісұлы өз сөзінде облыс басшылығы тарапынан кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін жүйелі шаралар жүргізіліп жатқанын айтты. Мәселен, биыл ет, сүт, майлы дақылдар, көкөністер мен жемістерді қайта өңдеу бағыттары бойынша бірқатар ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жоспарланған.

«Облыс әкімдігі мен «Атамекен» ҰКП маңызды серіктестер болып табылады және өңірдегі кәсіпкерліктің дамуы жолында бірлескен жұмыстар атқарып келеді. Біз «Aitas KZ» АҚ-мен меморандумға қол қойдық. Кәсіпорын асыл тұқымды құс репродукторын және бройлер етін өндіретін құс фабрикасын салуды жоспарлап отыр. Нысандарды іске қосу нәтижесінде инвестиция көлемі шамамен 160 млрд. теңгені құрап, 5 мыңға жуық жұмыс орны құрылады. Үйғыр ауданында «Прима құс» ЖШС құс фабрикасының құрылысын бастады. Өздеріңіз білетіндей, өткен жылы ауданда реконструкциядан кейін «OTAN GreenFood» құс фабрикасы ашылды. АҚШ-тағы ең ірі ет өндіруші «Tyson Foods» біздің облысқа инвестиция салуды жоспарлап отыр. Инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлерді қаржыландыру жұмыстары жалғасады», – деді Серік Мелісұлы.

Облыс әкімінің орынбасары өңірлік кеңес комитеттерінің отырыстарын бірлесіп өткізуді, онда басқармалар басшыларын, аудандар мен қалалар әкімдерін шақырып, бизнестің мәселелері мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды талқылауды ұсынды.

Айта кетейік, өңірлік кеңес жанынан жеке білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік мәселелер, агроөнеркәсіп кешені, өңдеу өнеркәсібі, туризм, тариф құнын анықтау, сәулет-құрылыс мәселелері жөніндегі жеті комитет құрылды.

Ары қарай облыстық палата директоры Әсет Шаяхметов 2021 жылға арналған жұмыс қорытындылары мен жоспарларын таныстырды. Айтуынша, өткен жылы экономиканың ең көп зардап шеккен салаларын анықтау үшін өңірлік палата 7 348 бизнес субъектілерінің қызметіне талдау жүргізді. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, салықтық ынталандырулар, несиелер бойынша мерзімін ұзарту, жалға алу бойынша кешенді қолдау шаралары көрсетілді. Сонымен қатар, 20 мыңнан аса кәсіпкер infokazakhstan.kz өз қызметін қайта бастады. Жалпы, «Атамекеннің» көмегімен бизнестің мүліктік құқықтары жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгеге қорғалды.

Әсет Шаяхметов «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының жүзеге асырылуына тоқталып, Ұлттық палата бастамасымен облыста микроқаржы ұйымының (МҚҰ) ашылатынын жеткізді.

«Қарапайым заттар экономикасы» бойынша облыс бойынша құны 86,2 млрд. теңге болатын 259 жоба бар. Осы бағдарлама бойынша қазіргі уақытта екінші деңгейдегі банктер мен аграрлық-кредиттік корпорация жалпы сомасы 57,1 млрд. теңгеге 188 жобаны мақұлдады. Сондай-ақ, бүгінде әкімдік пен «Атамекен» ҚР ҰКП қатысуымен микроқаржы ұйымын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Кәсіпкерлерді жеңілдетілген несиелермен қаржыландыру қажеттілігіне және оның қолжетімділігіне талдау жүргіздік. Микроқаржы ұйымы шеңберіндегі несие тек «Бастау Бизнес» жобасының түлектеріне салалық шектеусіз берілетін болады», – деп атап өтті Әсет Шаяхметов.

Отырыс барысында өңірлік кеңес мүшелері 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын талқылады, сондай-ақ, кәсіпкерлік саласындағы бірқатар мәселе мен бастамаларға тоқталды.

АУЫЗСУ

КӨП ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛСЕ

Ауызсу мәселесі – бүгінгі таңдағы ең өткір тақырыптың бірі. Мемлекеттік «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында көптеген игілікті жұмыс атқарылып жатқанымен су мәселесіндегі келеңсіздіктер жайлы редакцияға хабарласып немесе жазбаша өтінішін білдіріп, келіп-кететін оқырмандар да баршылық.

Кеше ғана редакцияға Еркін ауылының Б. Момышұлы көшесінің бірнеше тұрғынынан ауызсуға қатысты хат келіп түсті. «Әкімдіктің табалдырығын әбден тоздырсақ та мәселеміздің шешілер түрі жоқ», – деген еркіндіктер ендігі үмітті баспасөз өкілдерінен ізделп, мәселесін шешуге көмектесуін сұрап отыр.

Хатта Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Б. Момышұлы көшесінің 1 ж, 1/1, 1/2, 1/3, 2/1, 2/3, 2/4, 2/7, 5 жер теліміне орналасқан үйлерге су құбыры тартылмағандықтан үй иелерінің ауызсудан тарығып отырғаны айтылған. Олар өткенде бұл мәселені Талдықорған қаласының әкіміне жеткізіпті. Қала әкімі мәселені күн тәртібіне қойып, тез арада шешу жайлы Еркін ауылдық округінің әкімі Қанат Рыспековке тапсырма берген көрінеді. Бірақ тұрғындар содан бері біраз уақыт өтсе де мәселе шешілмей келе жатыр деп шағымдануда. Сондай-ақ, жоғарыда аталған үйдің тұрғындары ауызсуды тасымалдап ішуге мәжбүр. Тұрғындар арасында II топтағы мүгедек жандар да бар. Олардың суды алыстан тасымалдап ішуге жағдайлары жар бермейтіні анық. Кейбір отбасы құдық қазып, жерасты суын пайдаланып көргенмен жерасты суы денсаулықтарына зиян келтіріпті. Хаттың соңына Т. Бейсемхан, Қ. Нұртай, Т. Әбзадбек, Қ. Мұса, К. Жанқылыш, Ю. Ким, О. Ким, Ж. Жолдыбаев қатарлы бірқатар азамат қол қойыпты.

Расында, Еркін ауылындағы Б. Момышұлы көшесі қала іргесіндегі елді мекен мен қаланың басқа шағынаудандарын жалғастыратын негізгі көшенің бірі. Тіпті, қаланы толық аралап шығатын №25 автобус та осы көшенің бойымен жүреді. Сол көшеде осындай орасан кемшіліктің орын алғаны ойландырады.

Айта кетсек, осыдан біраз жыл бұрын Еркін ауылына құбыр суы тартылып, екі-үш жыл көлемінде ауылдың барлық көшесі асфальталып, көше бойына электр жарығы орнатылып, өткен жылы ауылға газ жеткізіліп, талай игілікті жұмыстың атқарылғанынан хабарымыз бар. Демек, ауылда су, электр, газ, жол тұрғысынан ешқандай шағым болмауы керек еді. Бұл мәселенің белгілі себебі бар-ау деген оймен Еркін ауылдық округінің әкімі Қанат Рыспековке хабарласып көрген едік.

– Жоғарыдағы хатта айтылған ауызсуға қатысты мәселеден Еркін ауылдық округі әкімдігі, басқа да құзыретті мекемелердің хабары бар. Аталған үйлер Еркін ауылына құбыр суы тартылғаннан кейін бой көтерген. Қазір сол үйлердің қарсы бетіндегі бұрыннан бар үйлер құбыр суын пайдаланып келеді. Су құбырының желісі аталған үйлердің іргесінде тұр. Бірақ оны әр үйге дейін кіргізіп беру «Талдықорған су құбыры» мекемесінің құзырындағы жұмыс. Ал суды үйге кіргізу ақысын үй иесі өз жауапкершілігіне алатынын да ескерткіміз келеді. Өткенде қала әкімінің тапсырмасына орай тұрғындардың шағымы бойынша ауылдық округ мамандары «Талдықорған су құбыры» мекемесінің басшылығымен сөйлесіп, көктем шығып, жер кеңігенде аталған жұмысты қолға алатын болып келісті. Ол үшін үй иелері осы бастан су құбырын үйге кіргізуге қатысты техникалық құжаттарын әзірлеп, «Талдықорған су құбыры» мекемесіне арыз жазып тапсыруы керек, – деді ол.

Ауылдық округ әкімі алдағы уақытта «Талдықорған су құбыры» мекемесі, ауылдық округ мамандары және суға зәру үй иелерінің қатысуымен кездесу өткізіп, су тартуға қатысты дайындық жұмысын пысықтайтынын жеткізді.

Омар АҚЫН

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№29
(18881)

Beısenbi,
11 naýryz,
2021 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

РЕСМИ

ӨНДІРІС ОРНЫ ҰЛҒАЯДЫ

Атақты «Rollton» және «Bigbon» өнімдерімен танымал «Маревен Фуд Тянь-Шань» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бүгінде өздерінің өндірістерін кеңейтуде. Осыған байланысты қазір сусындарды құю зауыты мен қойманың құрылысы жүріп жатыр. Ал оны жыл соңына қарай пайдалануға беру көзделіп отыр. Элеватор мен ұн тарту зауытының құрылысын жүргізу де жоспарда бар. Бұл туралы облыс әкімі Амандық БАТАЛОВПЕН өткен ресми басқосуда аталмыш компания өкілдері айтты. Облыс әкімдігі мен аталмыш компания басшылықтарының кездесуі соңында өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

Ресми кездесуді облыс әкімі Амандық Баталов ашып, сөзді «Маревен Фуд Тянь-Шань» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Бернард Вавржинге берді. Бернард Вадимович алдымен өздерін жылы қабақпен қарсы алған аймақ басшысына айрықша алғысын жеткізді. Бұдан соң қонақтар келудегі басты мақсат-міндеттерін түсіндіріп, жоба-жоспарларымен таныстырды. Ақпарат беру барысында компания жайлы жан-жақты әңгімеленді. Соның ішінде зауыттың құрылуы туралы мәлімет беріліп, инвестициялық мүмкіндіктері мен кәсіпорында бүгінде шығарылып жатқан өнім түрлері сөз болды. Экономикалық көрсеткіштері мен салық төлемдері, табыстары, бюджетке түсіп жатқан түсімдері туралы да егжей-тегжейлі айтылды. Сондай-ақ, компания басшылығы аталған зауыттың кеңейтіліп жатқан құрылысына қатысты өздерін толғандырып отырған проблемалық мәселелердің де бар екенін алға тартты. Осы тұрғыда облыс әкімі оның оң шешімін табу жолдарын қарастырып, мұндай жағдайда инвесторларға әрдайым қол ұшын беретінін жеткізді.

Белгілі болғандай, Қапшағай қаласындағы «Арна» индустриалды аймағынан орын тепкен бұл кәсіпорын елдегі ең ірі инвестициялық жобалардың бірі. Біртіндеп бес желі іске қосылған. Нәтижесінде қазір бұл жерде танымал «Роллтон», «Бигбон» және «Петра» брендтерімен кеспе, макарон, сорпа, картоп пюресі мен сусындар және чипсы сияқты тағамдардың алпыс бес түрі шығарылады. «Роллтон» макарон өнімдері итальяндық технологияны қолдана отырып жасалады. Осы кезеңде аталған зауытты іске қосудың нәтижесінде аймақ экономикасына 45 миллион АҚШ доллары тартылып, 600-ден аса жұмыс орны құрылған. Жылына кәсіпорында 85 мың тоннадан аса жылдам әзірленетін дайын өнімдер өндіріледі.

Азық-түлік түрлеріне қатысты ойын білдірген Амандық Ғаббасұлы қазақтың ұлттық асы етке арналған дәмді жайма нан шығарудың маңызды екенін компания өкілдерінің назарына салып, бұған айрықша көңіл бөлулері тиіс екенін баса айтты. Әкім сөзіне құлақ асқан ресми қонақтар бұл туралы жоспарларының бар екенін және оның технологиясына зерттеу жүргізгендерін, алдағы уақытта оны міндетті түрде жүзеге асыруға тырысатындарын жеткізді.

Дайын өнімдерді шетелдерге экспорттау мәселесі де сөз болды. Зауыттан шығарылған дайын өнімдер Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан сияқты басқа да елдерге экспортталады. Қазіргі таңда экспорт деңгейі 70 пайызға жуықтаған. Кәсіпорынды автоматтандыру дәрежесі 85 пайыздан асқан.

«Біз бұрындары көбіне астықты шикізат күйінде шет мемлекеттерге жіберетінбіз. Ал сіздердің өндіріп отырған өнімдеріңіз негізінен бидайдан жасалады. Сондықтан, біз ұннан жасалатын өнімдерді «Қазақстанда жасалған» деген брендпен экспортқа шығаруымыз керек. Бұған ерекше мән беруге тиіспіз. Әзірге майбұршақ бойынша сіздердің атқарып отырған жұмыстарыңыз сияқты дәрежеге қол жеткізе алмаудамыз. Ал сіздер осы бағытта жақсы үлгі-өнеге көрсетудесіздер, сол арқылы аймақтың да дәрежесі өсуде», – деді Амандық Ғаббасұлы.

Бүгінгі таңда кәсіпорында Германия, Швейцария, Испания және жапониялық заманауи желілер орнатылған. Сонымен бірге кәсіпорында қалдықтар бөлек жиналады. Қызметкерлерге біліктілігін арттыруға мүмкіндік беретін оқыту жүйесі де бар. Өндіріс ошағында қазір төрт жүзден аса адам еңбек етеді.

Айта кетейік, қазір облыста ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында 373 кәсіпорын бар. Өткен жылдың соңына қарай барлығы 8 пайыздық өсіммен 281,2 млрд. теңге көлемінде тамақ өнімдері өндірілді.

ЕКІЖАҚТЫ КЕЛІСІМ

Облыстық әкімдікте қазақстандық "Шин-Лайн" компаниясы мен облыс әкімдігі ҚР индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы аясында Іле ауданының Байсерке кентінде тамақ өнімдері мен балмұздақ өндіретін кәсіпорындар кешенін салу және "Даму" логистикалық орталығының өндіріске іргелес аумағын абаттандыруды көздейтін ірі инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында меморандумға қол қойылды. Шараға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ және «Шин-Лайн» компаниясының президенті Андрей ШИН қатысып, алдағы жұмыс барысы жайлы әңгіме өрбітті.

БАЛДАЙ ТӘТТІ БАЛМҰЗДАҚ

Қажет АНДАС

Тамақ өнімдері мен балмұздақ өндіретін "Шин-Лайн" компаниясының құрылысына 33,4 млрд. теңге инвестиция тартылыпты. Жаңа өндірістік кешенге ТМД, Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдеріндегі ең ірі балмұздақ шығаратын фабрика, сондай-ақ, түрлі тамақ өнімін өндіретін кәсіпорындар кіреді. Құрылыстың бірінші кезеңінде жобалық қуаты жылына 21500 тонна өнім өндіретін алып кешен бой көтереді. Ол толық қуатына кіргенде, яғни, 2024 жылға қарай тәулігіне 350 тонна өнім өндірмек. Кешеннің құрылысы 17 гектар жер телімінде жүргізілуде. Мұнда өңірдегі ең заманауи балмұздақ өндірісі, сүт өнімдері, мұздатылған жартылай фабрикаттар, қамыр, кеспенің алуан түрі, сондай-ақ, кондитерлік өндірістер шоғырландырылады.

"Шин-Лайн" компаниясы мен облыс әкімдігі жаңа өндірістік кешен құрылысы бойынша жобаны іске асыру барысында мемлекеттік және өңірлік даму бағдарламасын ынтымақтаса жүргізетін болып келісті. Бұл барыста облыс әкімдігі кәсіпорынға мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істеуге және мемлекеттік бағдарламаларға қатысу үшін қажетті ақылкеңес түрінде қолдау көрсетеді. Сондай-ақ, кешенді салу кезінде және одан кейін де жер телімдері мен инженерлік инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Құрылыс жүрген кезеңде "Шин-Лайн" компаниясы өңір басшылығына құрылыс барысы туралы ақпарат беріп тұруға, өндірісті қаржылық және стратегиялық дамыту жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға міндетті.

Кездесуде облыс әкімі Амандық Баталов азық-түлік өнімдерін өндірудің стратегиялық саласында жаңа ірі отандық инвестордың пайда болғанын алға тартып, аймақта қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасқанын атап өтті:

– Бүгінде облыстың инвестициялық қоржынында жалпы құны 5,4 трлн. теңге болатын 546 жоба жүзеге асуда, нәтижесінде 44 мың жұмыс орны ашылады. Біз қашанда отандық және ірі трансұлттық компаниялармен жұмыс істеуге дайынбыз. Осы тұрғыда 9 бірлескен жоба бар, олардың үшеуі іске асырылды. Біз балмұздақ пен тамақ өндірісі саласындағы көшбасшы "Шин-Лайн" компаниясымен ынтымақтастық орнатқанымызға қуаныштымыз. Мұндай ауқымды жобаны іске асыру Іле ауданының және жалпы аймақтың экономикасы үшін өте тиімді. Өйткені, жаңа өндіріс азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, тұрақты жұмыс орнын көбейтіп, бюджетке түсетін салық мөлшерін арттырады, – деді облыс басшысы.

Айта кетерлігі, «Шин-Лайн» компаниясы жаңа кешенге өндірістің, қауіпсіздік пен тиімділіктің ең озық әлемдік стандарттарын енгізетінін жеткізді.

Сөз кезегінде "Шин-Лайн" компаниясының президенті Андрей Шин жаңа өндіріс салу кәсіпорынның ірі инвесторлар қатарына кіруіне мүмкіндік беретінін атап өтті. Оның айтуынша, жоба толық іске қосылғанда компания балмұздақ өнімі бойынша ғана ішкі нарықтың 35%-ын қамтамасыз етеді. Жаңа өндіріс орнын ашу компанияның ішкі нарықтағы позициясын нығайтып, жалпы алғанда қазақстандық тауарлардың экспорттық әлеуетін арттырады. Осы арқылы компания балмұздақ өндіруде Орталық Азияның көптеген елдеріндегі көшбасшылықты қолға алуға ниетті. Айта кетерлігі, өткен жылдың қорытындысы бойынша "Шин-Лайн" балмұздағы Беларусьтағы балмұздақ импортының жартысынан астамын иеленсе, Қырғызстанның балмұздақ нарығында компанияның үлесі 50%-дан астамды құрайды. Компания өнімдері Әзірбайжан, Ресей, Моңғолия және Қытайда танымал. Алдағы уақытта Украина нарығына шығаруды көздеп отыр.

– Біздің компанияның тәжірибесі мол. Ресей, Балтық елдері және Шығыс Еуропа индустриясының көшбасшы компанияларынан жұмыс тәжірибесі бар мамандарды тартамыз. Қызметкерлердің кәсіби дамуына көп күш жұмсаймыз, – дейді компания президенті Андрей ШИН.

Кешен толық іске қосылғанда инженер, технолог, талдаушы, маркетолог, IT-мамандарының саны өседі. Жалпы, 2025 жылға қарай кәсіпорында шамамен 5000 жұмыс орны ашылады. Ал кәсіпорыннан тәжірибеден өткен жоғары оқу орны студенттерінің дипломын алғаннан кейін компанияда жұмыс істеуіне және кәсіби өсуіне жақсы мүмкіндіктер қарастырылған.

Иә, осылай Жетісу жерінде өндірілген балдай тәтті балмұздақтар ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар алыс-жақын шетелдегі талай жанның шөлін басатын болады.

ФУТБОЛ

«ЖЕТІСУДЫҢ» ЖАҢА ҚҰРАМЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Санаулы күннен кейін футболдан Қазақстан Республикасының чемпионаты жалауын көтереді. Дәл осы кезге – ҚР Премьер-лига ойындарына еліміздің барлық командасы жаңа құрам жасақтап, ойынға тас-түйін дайын десе болады. Бұл ретте талдықорғандық «Жетісу» футбол командасы да өз құрамын жасақтап, жаңа құрам облыс әкімі Амандық БАТАЛОВҚА таныстырылды.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ



Облыстық әкімдіктің мәжіліс залына жиналған футболшылар аймақ басшысы Амандық Ғаббасұлымен кездесті.

Ең бірінші болып сөз алған Амандық Баталов футболшыларды жаңа маусымның ашылуымен құттықтап, биыл «Жетісу» футбол клубының құрылғанына қырық жыл екенін тілге тиек етті. Мұнан кейін жаңадан сайланған бас бапкер Ринат Әулетовты тұрғызып, команданың жай-күйін сұрады.

– Команда құрамында жастар көп. Республика бойынша «Жетісу» командасы кілең жастардан құралған. Ойыншылардың жас ерекшелігі 18 бен 24 аралығы. Біз басымдықты жергілікті ойыншыларға бердік. Командаға жерлестерімізді тартуға тырыстық. Нақтырақ айтқанда, 75 пайызы өзіміздің ойыншылар, яғни, «Жетісу» футбол клубынан және футбол орталығынан тәрбиеленіп шыққан балаларды алдық. Сонымен қатар, сырттан төрт ойыншы тарттық. Осылайша, команда толықтай құралып, оқу-жаттығу жиынын Түркияда өткізіп, жаңа маусымға тас-түйін дайын отырмыз. Негізгі меже – Премьер-лига сапынан түсіп қалмау және барынша жоғары нәтижеге қол жеткізу, – деді бас бапкер.

Мұнан кейін Амандық Ғаббасұлы ойыншыларды жеке-жеке тұрғызып, олардың бұрынғы ойнаған клубтары мен жеке көрсеткіштеріне көз жүгіртті. Олардың әрқайсына ақыл-кеңес беріп, әр ойыншының бойында намыс болуы керектігін де жете түсіндірді.

– «Жетісу» командасы жай команда емес. Оның аты, жеткен жетістігі, ең бастысы, түпкі негізі бар команда. Жалпы, Жетісу жерінің қай саласын алсаң да республикаға танымал. Сол секілді футбол командасы да танымал болуы керек. Бүгін мен байқап отырмын, команда өте жас ойыншылардан құралған екен. Бұл өте жақсы. Өзіміздің талантты ұлдарымызға мүмкіндік беру керек, оларға барлық жағдайды жасау керек.

Намыс болған жерде ғана жеңіс болады. Бүгіннен бастап, жастар, сіздер өз болашақтарыңыз үшін еңбек етуге тиіссіздер және жеке спорттық тұлға қалыптастыру маңызды. Сонда сендердің атақ-абыройларың өседі, ол абырой ертең өздеріңе қызмет етеді және сендерге қарап жас таланттар өсетінін ұмытпаған жөн, – деп сөзін түйіндеді.

Одан кейін «Жетісу» футбол клубының басшысы Серік Мұқанов ойыншылардың жеке деректері мен алдағы ойын кестесін айтып берді. Жаңа маусымның бірінші ойыны былтырғы чемпион «Қайрат» командасымен өтеді. Бұған дейін Қазақстан Премьер-лигасында доп тебетін командалардың бюджеті қомақты қаржы болатын. Биылдан бастап мемлекеттен бөлінетін қаржы біркелкі болып, барлығы теңестірілді. «Жетісу» футбол командасына да өзге командалар секілді бір миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінді.

Жиынның соңында команда капитаны Андрей Шабанов сөз алып, облыс әкімі Амандық Баталовқа спортқа, оның ішінде, футболға көңіл бөліп, барлық жағдай туғызып отырғаны үшін алғысын білдіріп, команда атынан жетінші нөмірлі футбол жейдесі мен командының қолы қойылған футбол добын сыйға тартты.

Кездесу соңында Амандық Ғаббасұлы командаға сәттілік тілеп, жоғары нәтижеге қол жеткізуді қадап айтты. Жиын соңында футболшылармен естелік суретке түсіп, ақ жол тіледі.

COVID-19

Қарасай ауданында қауіпті дертпен күресте алғы шепте жүрген дәрігерлер вакциналаудың бірінші кезеңінен өтіп, енді екінші компонентін алуда. Ресейлік «Спутник V» вакцинасын алғашқы болып 550 медицина қызметкері қабылдады.

ДӘРІГЕРЛЕР ЕКПЕ ҚАБЫЛДАДЫ

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ



– Араға үш апта салып екпенің екінші компонентін егуді бастадық. Бүгіндері дәрігерлердің көпшілігі вакцина қабылдап үлгерді. Бұл жұмыс жүйелі түрде жүргізілетін болады. Жоспар бойынша шілде айына дейін тұрғындардың негізгі бөлігі тәжді тажалға қарсы екпе алып үлгеруі керек, – дейді аудандық аурухана директорының орынбасары Максим Стадников.

Еліміздегі қатерлі індетпен күресу бағдарламасына сәйкес енді мұғалімдер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, өзге де топ өкілдері екпе алады. Осы мақсатта ауданға «Спутник V» вакцинасының тағы 800 данасы жеткізілген. Бұл жауапты жұмысқа аудан дәрігерлері тыңғылықты дайындалған. Екпе жасайтын бөлмелер, алдын ала тексеруден өткізетін мамандар, вакцина алғаннан кейінгі дәрігерлік бақылау жұмыстары жолға қойылған. Әзірге ем қабылдағандардың ішінде сырқатқа шалдыққандар, дәрінің кері әсеріне ұшырағандар тіркелмеген.

– Әрине, электронды ақпарат көздеріндегі екпеге қарсы пікірлердің ықпалына ұшырағандар да кездесіп қалады, – дейді Максим Александрович. – Вакциналаудан бас тартып жатқандар да солар. Алайда ондай жандардың қатары көп емес. Сондықтан бұл жұмыс нәтижелі жүргізіледі деп сенемін.

Айта кетерлігі, алғашқы вакцина Ресейден жеткізілсе, алдағы күндері отандық екпе де қолданысқа енгізіледі. Демек, әлемді әбігерге салған тәжді тажал көп ұзамай ауыздықталады деген үмітіміз бар.

Қарасай ауданы

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№31
(18883)

Seısenbi,
16 naýryz,
2021 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Үзінді

Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Алматы облысы бойынша

Айтахын Айгүл – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Алдибекова Нургул Окасовна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Алиева Салтанат Меркеновна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Алмесова Асем Кенебаевна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Алмухамбетова Асель Саймасаевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Анненкова Людмила Викторовна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Артықбекова Айгуль Калмухаметовна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Әбілбек Зақан – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Бабажанова Мадина Жолтаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Бақберген Гүлнұр – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Бейсенова Нұрлаим Аманжолқызы – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Биймбетова Назира Ибрагимовна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Боркеева Аида Замирбековна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Дубова Наталья Васильевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Еркін Айнұр – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Жайсанова Дарига Нургайповна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Жунусова Гулим Жумановна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Зейнелбек Сәрсемхан – үй шаруасында, Көксу ауданы
Исагулова Александра Александровна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Искакова Алтынай Турсыновна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Кармисова Турсын Бейнеубаевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Касенова Лаура Амангалиевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Кәдірбек Нұрбүбі – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Киясова Кенжегуль Темирхановна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Кошербаева Манчук Оразбаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Курмангалиева Бакыт Женисовна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Кыдырбаева Куралай Калиевна – үй шаруасында, Көксу ауданы
Мавлетхан Кульсара – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Месебаева Аида Жексенбайевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Мизамхан Алию – үй шаруасында, Іле ауданы
Мұса Бағила – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Нукебаева Лаура Багдатовна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Оразкеева Гүлнұр Ерланқызы – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Өтемұратова Жарқынай Бекзатқызы – үй шаруасында, Іле ауданы
Рысмендиева Айнагуль Айткурмановна – орта мектеп еден жуушысы, Қаратал ауданы
Сагангай Савлегул – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Салмекеева Асел Мараткызы – үй шаруасында, Іле ауданы
Табынбаева Тойдык – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Танжарова Базаркул Абдусаматовна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Темирбекова Камал Керимкуловна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Токтагулбаева Айнагуль Абдрахимовна – балабақша тәрбиешісі, Жамбыл ауданы
Токтасынова Марал Сыдыкжановна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Усейнова Балауса Есилбаевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Шектібаева Аида Әліқұлқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Ысқақбек Мақыш – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:


Абдигулова Айтолкын Айбасовна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Абдрасилова Айман Айдархановна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Абдрахманова Анара Абдрахмановна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Абдулаева Анар Дуйсеновна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Абдулова Гулноз Хазратовна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Абильдаева Гульмира Акановна – үй шаруасында, Іле ауданы
Абулкаирова Гульжанат Зивадиновна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Айтбаева Сулушаш Жаксылыковна – орта мектеп мұғалімі, Жамбыл ауданы
Айтжан Гүлсімхан – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Айятқан Шекерхан – үй шаруасында, Көксу ауданы
Акатова Гулбадиян Минусмановна – үй шаруасында, Іле ауданы
Акимбаева Гульнура Кабылбековна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Алдибекова Камчат Сериковна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Алдибекова Карлыгаш Насипжановна – үй шаруасында, Кеген ауданы
Алимбекова Айгерим Молдагалиевна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Алихан Гулзира – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Алламова Пардагул – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Аманжолова Асия Сембаевна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
Аманқұлова Назгүл Айдарқызы – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Аметова Гульнара Сактагалиевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Асилбекова Гулшат Садыкбаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Асылбекова Гулжанат Акболатовна – орта мектебінің директоры, Көксу ауданы
Ахметова Назым Омиргалиевна – үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Ашинова Асия Досановна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Әбдуәли Нұриман – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
Әмірбекова Кәмшат Әлмияқызы – үй шаруасында, Іле ауданы
Әрбижан Әлия – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Әсенжанханбай Жұмахан – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Әшірақын Асылхан – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Бабажанова Гульназа Сагинбаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Багатаева Бактыгул Муратовна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Базарбаева Гульзира Шералиевна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Базаркулова Раушан Муратовна – үй шаруасында, Іле ауданы
Базилова Айнаш Жакыпбековна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы

(Соңы 2-бетте)

Тағайындау

Алматы облысы әкімінің өкімімен **Ғалымжан Темірғалиұлы Дәрібаев** облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Ғалымжан Темірғалиұлы ДӘРІБАЕВ



1988 жылы туған. Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін экономика және бизнес бакалавры мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Алматы облысы қаржы басқармасының компьютер құрылғыларына қызмет көрсету жөніндегі операторы болып бастаған.

Әр жылдарда Алматы облысы қаржы басқармасының бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің жетекші маманы, осы бөлімнің, сол сияқты басқару аппараты және әлеуметтік салалар, білім, мәдениет, спорт салаларындағы бюджеттің орындалуын талдау және бақылау бөлімдерінің бас маманы, Алматы облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бюджетті жоспарлау, мемлекеттік сатып алу және мониторинг бөлімінің басшысы лауазымдарын атқарды.

2017 жылдың тамыз айынан Алматы облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен Ержан Бәкірбайұлы Жасыбаев басқа жұмысқа ауысуына байланысты Алматы облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы қызметінен босатылды.

ӨРЛЕУ

ӨНДІРІС КӨЛЕМІ ӨСІП КЕЛЕДІ



Кәсіпкер Халиль Абдрахманов бір күн де бос отырған емес. Бірде зайыбы Арайгүл: «Өз кәсібімізді ашайық» деген ұсыныс жасады. Таңдау сусын өндірісіне түсті. Біртіндеп бәрі ойдағыдай жүріп, өндірісті кеңейтуге, автоматтандырылған жабдық сатып алуға мүмкіндік туды.

Арайгүл Абдрахманова өзінің кәсіпорнын аралатып көрсетті. Біз шөлмекті үрлеу шеберханасына барып көрдік. Кәсіпорынның мақтанышының бірі – суды тазартатын жабдық. Басқа бөлмеде қуатты «цистерналар» немесе қанықтырғыштар бар. Онда ең маңызды үрдіс – суды салқындату, барлық қажетті ингредиенттерді араластыру және көмірқышқылдану жүреді. Осы жерден шырын сусындары шөлмекке құйылады.

Біздің көзімізше «ақылды» машинаның көмегі арқылы сусындарды арнайы ыдыстарға құйып, қақпақтарын жапты. Содан кейін тәжірибелі жұмысшылар жылдам әрі жетілдірілген қимылдарымен жапсырмаларды жапсырды. Дайын өнімдер осылайша қаладағы сауда нүктелері мен дүкендерге және супермаркеттерге жіберіледі. Кәсіпорын шығаратын «Тархун» және «Буратино» лимонадының дәмі балалық шақты еске түсіреді. Сондай-ақ, олар сусынның «Дюшес», «Барбарис», «Ядреный квас» және басқа түрлерін ұсынады.

Әрине, өндіріс күрделі салымдарды қажет етеді. Мұнда кәсіпкерге «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында «Даму» қоры мен екінші деңгейлі банктер үлкен көмек көрсетті. Сонымен компания тағы бір рет айналым қаражатын толықтырып, шикізат сатып алуға «Сбербанк» ЕБ АҚ-дан несие алды. Өйткені, жаз мезгіліне дейін аз уақыт қалды. Осы уақытта өнімге деген сұраныс жоғары болады. «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында субсидиялау арқылы несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6 пайызға дейін төмендетіліп, кепілдеме қажетті мөлшерде несие қаражатын алуға көмектесті.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

– Мемлекеттің көмегі болмаса нарықтағы бәсекелестікке төтеп бере алмас едік. Біз өнімнің сапасы мен бүкіл технологиялық үрдістерді сақтауға айрықша мән береміз. Біз үшін тұтынушыларды жоғалтпау маңызды. Сусындарымыздың Талдықорған қаласы мен оның айналасындағы өңір тұрғындарының сұранысына жыл бойына ие болуы үшін жұмыс істеу маңызды. Біз нақты ісімізбен ел экономикасына лайықты үлес қосып жатқанымызды мақтан тұтамыз. Сондай-ақ, кәсібіміздің ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық бизнеске айналатынына сенеміз, – дейді Халиль Абдрахманов.

Бүгінде фирма Ресей және Қытаймен кәсіби тұрғыда жақсы қарым-қатынас орнатқан. Әзірге кәсіпорын өз алдына үлкен міндеттер қоймайды. Бастысы – тұрақтылық пен болашаққа деген сенімділік.

Талдықорған қаласы

ӨНЕРКӘСІП



Сүреті түсірген Асқан ҚАЖЕКЕ

ҚАМЫСТАН ҚАНТ ШЫҒАРҒАН

Көксу аудандық әкімдігі мен «Көксу қант зауыты» ЖШС бірлесіп ұйымдастырған ақпараттық тур аясында қамыстан қант өндіретін құрылғылардың мүмкіндігін көріп, тіл үйіретін құмшекер дәмін татып қайттық.

Қажет АНДАС

«Қамыстан қант өндіреді» деген тіркестің құлағымызға ерсілеу естілетіні анық. Алайда «Көксу қант зауыты» ЖШС алдағы уақытта қанттың осы түрін шығармақшы» дегенді естігенімізге біраз жыл болған. Сол мақсат биыл жүзеге асты. Енді осыған дейін қант қызылшасынан өндірілген шекермен қажеттілігін шешіп келген тұтынушылар қамыстан өндірілген қантты қосымша тұтынатын болады.

Алдымен осы бір жаңалықты елге жеткізбекке асыққан журналистерді зауыт директоры Алтынбек Абатов жаңа қондырғылармен және олардың жұмыс істеу барысымен таныстырып шықты. Әрине, қамыстан қант өндірудің қант қызылшасынан қант өндіруден көп айырмашылығы жоқ. Десе де, қанттың бұл түрін өндіруге қант зауытында бұрыннан бар қондырғылармен қатар Украина, Австрия, Ресей, Германиядан жеткізілген жаңа қондырғылар мен жапониялық автоматты құрылғылар да қатар қолданылады. Екі жылдан бері қосымша қондырғыларды жеткізу, монтаждау, тағы да басқа шығындарға 600 мың АҚШ долларының үстінде қаражат жұмсалыпты.

Зауыттың жаңа өндірісті іске қосқанына бір апта болыпты. Қазір Бразилиядан 7,5 мың тонна шикізат жеткізіліп, қарқынды жұмыс жүріп жатыр. Биылғы жылы жоспар бойынша 25-30 мың тоннаға дейін шикізат өңдемекші. Ол күні-түні жұмыс істегеннің өзінде шілде айына дейін созылады.

Ең бастысы, бұл өңдеу тәсілінің бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, қант зауытындағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын көтереді. Бәріңізге белгілі, бұрынғы жылдары «Көксу қант зауыты» ЖШС тек күзде қант қызылшасын қабылдап, ақпан айында өңдеп біткенге дейінгі бар-жоғы 4-5 ай ғана жұмыс істейтін. Ал қалған уақытта зауыттың 500-ге тарта жұмысшысы жұмыссыз отыруға немесе басқа жұмыс қарастыруға мәжбүр болатын. Енді зауыт жұмысы жыл бойы тоқтамайды. Зауыт директорының айтуынша, жоспардағы 25-30 мың тонна шикізатты өңдеп біткенше сарша тамыз болады. Одан кейін қант қызылшасын қабылдау науқанын бастап, оны өңдеу жұмысы жалғасады. Демек, биылдан бастап зауыт жұмысшылары жыл он екі ай тұрақты жұмыспен қамтылады деген сөз. Мұндай жетістікке зауыт жұмысшылары да қуанышты.

– Менің осы зауытта жұмыс істегеніме 13 жыл болды. Былтыр, одан бұрынғы жылдары қант қызылшасы өңделетін 4-5 ай ғана жұмыс істеп, қалған уақытта басқа жұмыс іздеуге тура келетін. Міне, жаңа өндіріс іске қосылғалы жұмысымызды жалғастырып жатырмыз. Тіпті, биыл 8 наурыз – Аналар мерекесінде бірінші рет сыйақы алып қуанып отырған жайымыз бар, – дейді зауыттың зертхана қызметкері Жазира Дүстекова.

Айта кетерлігі, қанттың бұл түрінің шикізаты Бразилия, Мексикадан келеді. Өндірілген қанттың бағасы қолжетімді, сапасы жақсы, тәттілігі мен татымдылығы қант қызылшасынан өндірілген қантпен бірдей. Тағы бір артықшылығы, қант қамысы алғашқы өңдеуден өтіп, қатты қант күйінде жеткізілетіндіктен қайта өңдеуге жұмсалатын шығын аз. Зауыт тек шикізатты ұсақтап, оны ағартып, құрамындағы қант элементінен басқа заттарды шығарып тастап, таза күйінде тұтынушыларға ұсынады.

– Әдетте қант қызылшасынан қант өндіргенде 12 пайыз мөлшерінде таза қант алынса, ал қамыс қанты шикізатын қайта өңдегендегі өнімділігі 97-98 пайыз мөлшерінде болады. Бағасы базар нарығымен бірдей, – дейді зауыт директоры.

Иә, Көксу қант зауытындағы жағымды жаңалық бәрімізді қуантты. Әсіресе, жылдың осы уақытында еңбекақыдан қағылып, үйінде жұмыссыз отыратын жұмысшылар үшін қуаныш еселене түскенін байқадық. Оның үстіне зауытта өндірілген қанттың бұл түрі шетелге экспортталмайды. Ол елдегі қантқа сұранысты толықтырып, нарықтағы бағаны арзандатуға септігі тиеді. Түйіндей келгенде, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өте тамаша құлшыныс деуге болады.

Көксу ауданы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Қазақстанның тәуелсіздік жолында небір тар жол, тайғақ кешулерден өткенін тарихтан білеміз. Тәуелсіздік жолында елі, жері үшін күрескен батырларымыздың, хандарымыздың, билеріміздің, қайраткерлеріміздің ерлігін, елге, жерге, тілге деген сүйіспеншілігін айту өз алдына бір тақырып. Еліміздің егемендік алуы оңайлықпен келген жоқ. Қанша жас қыршынынан қиылып, елі үшін өзін құрбан ғып кете барды десеңізші?!

ҚОЛ ЖЕТКЕН АРМАН

«Тәуелсіздік» деген бір-ақ ауыз сөз! Бірақ осы бірауыз сөзге жете алмай жатқан қаншама ел бар?! Ал біз тәуелсіз елміз деп еркін айта аламыз. Тәуелсіздік үшін қаншама көз жас төгілді, қаншама жас ұландарымыз қыршынынан қиылды?! Желтоқсан оқиғасына қатысқан Қайрат, Ләззат, Сәбира сынды жас жеткіншектеріміз жазықсыздан жазықсыз қыршын кетті. Сөзбен айтып жеткізе алмайтын сондай қиын тоқыраулы мезгілдер болды. 1991 жылы 16 желтоқсан күні көп жылдар бойы аңсап, зарыға күткен тәуелсіздігімізге қол жеткіздік. Қазақстан әлем мойындаған, заңды рәсімделген тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болды. Бұл дәуірлік оқиға – халқымыздың сан ұрпағының орындалған арманы мен үмітінің нәтижесі деп білемін. 30 жыл ішінде әлемнің ең дамыған 50 елінің қатарына ендік.

Мемлекеттің дамуы жолында бағдарламалар құрылып, тұрғындардың сапалы өмірі үшін барлық жағдай жасалуда. Бүгінгі Қазақстан ТМД-да көшбасшы елдердің бірі болып табылады. Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, Астана саммитіне, Ислам ынтымақтастық ұйымына, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесіне қатысып, Еуразиялық экономикалық одағына төрағалық ету – бұл Қазақстанның жүргізіп жатқан саясатының арқасында қол жеткізілген үздік жетістіктері деп білемін.

Тәуелсіздік ана тілінің, ұлттық дәстүрдің мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – жүзеге асқан арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша елдік арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

1991 жыл – еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері, міне, 30 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді.

Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен, сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс. Қазақ халқының тәуелсіздікке жетуінде жастарымыздың ерліктері мәңгі есте қалатыны сөзсіз.

Ғалия ЖҰМАБЕКОВА,
Жоламан ауылдық округінің кітапхана меңгерушісі
Кербұлақ ауданы

РЕЙД

Кейінгі жылдары облыс аумағындағы жолдарды жөндеу жұмысы жоғары деңгейде қолға алынып, жұрттың ықыласын аударғаны анық. Қалаішілік және аудан, елді мекендер аралығындағы жолдар ағымдағы және күрделі жөндеуден өтіп, көптің көңілінен шығып жатқанын көріп жүрміз.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ЖОЛ САПАСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Қажет АНДАС

Десе де жолаушылар мен жүргізушілер тарапынан жол жөндеу жұмысының сапасы, жөнделген жолдың талапқа сай келмеуі, ағымдағы және күрделі жөндеуден өткен жолдың тез бүлініп, жүргіншілердің қауіпсіздігіне қауіп төндіретіні жайлы жиі шағым түсетінін естіп жүрміз. Осыны ескерген "Жол активтері ұлттық сапа орталығы" РМК облыстық филиалы, жол полициясы және "Қазавтожол" АҚ облыстық филиалы мен облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мамандары республикалық маңызы бар Алматы – Өскемен автожолының 16-287 шақырым аралығындағы жолды тексеріп шықты.

Әрине, қыруар қаржымен салынатын жол ақаусыз әрі белгіленген мерзімге дейін шыдамды болуы керек. Дегенмен, тексеріс барысында пайдалануға берілгеніне екі жыл да болмаған жолдың кейбір бөліктерінің ойылып кетуі, жол төсемінде сызаттардың пайда болуы және жол белгілерінің түсі оңып кеткені байқалды.

– Әсіресе, аталған жолдың 283-287 шақырымында кездескен ақаулар назар аударарлық. Өйткені ой-шұқыр болған жерге міндетті түрде "Алдыңызда ой-шұқыр бар" немесе "Айналып өтіңіз" деген жол белгілерін қою керек еді. Біз ондайды байқамадық. Осыған орай, тиісті әкімшілік шара қолданылатын болады, – дейді облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы, жол және техника инспекциясы бөлімінің инспекторы, полиция капитаны Дияс Молдабергенов.

Әрине, бұл жолмен көп жүрмеген, оның үстіне "Қолданысқа берілгеніне бір-екі жыл болған жолдарда мұндай ақау бар-ау" деп ойламайтын жүргіншілердің осындай ой-шұқырдың салдарынан көлігін зақымдап, шаш етектен шығынға бататыны, тіпті, адам өлімі де тіркелуі мүмкін. Бірақ осы аралықтағы жолды жөндеу жұмысын жүргізген "Жөндеу-Құрылыс-Басқармасы" ЖШС облыстық филиалы мамандарының да айтар уәжі бар екен.

– 283-287 шақырым аралығындағы жолға ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізген болатынбыз. Сондықтан, жолдың бет қабатындағы жамылғыны қырып тастап, жаңадан асфальт төседік. Жердің жағдайы бірдей емес. Тіпті, әр компания өндіретін асфальттың сапасы мен түсі де ұқсамайды. Сондықтан, саздауыт немесе жерасты ойнап тұратын жерлерде осындай ақаулар пайда болатыны белгілі. Мұны қыс бойы жасауға келмеді. Алдағы 15 сәуірден бастап, айдың аяғына дейін барлығын қайта жөндеуден өткізіп, қалпына келтіреміз, – дейді аталған мердігер компанияның өкілі.

Қыруар қаржының есебімен жасалып, елдің игілігіне айналуға тиісті жолдың сапалы болғанын біз де құптаймыз. Табиғи жағдайдан, ауа райының құбылуы салдарынан жолдың да бүлініп тұратынын ескеруіміз керек. Бірақ жауапкершілікке алған жұмыс өз кезегінде орындалуы керек.

– Тексеріс барысында жол сапасына қарасты бірқатар кемшілікті байқадық. Бірақ алаңдататындай жағдай кездеспеді. Аталған кемшіліктер бойынша тапсырыс беруші және мердігер компания өкілдеріне ескертілді. Сәуір айының соңына дейін бәрін қалпына келтіретін болады, – деді "Жол активтері ұлттық сапа орталығы" РМК облыстық филиалының директоры Жасұлан Керімқұлов.

Аталған жағдайларға орай бізге сұхбат берген жол жөндеу жұмысына тапсырыс берген "Қазавтожол" АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Өмірзақ Маманұлы жол сапасына қатысты орын алған кемшілік ел көңілінен шығатындай толық жөнделгенше үнемі мекеме тарапынан қадағалауда болатынын жеткізді.

БІЛІМ

МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДА

Елімізге қажетті жоғары білікті мамандарды даярлауда 77 жылдық тарихы бар Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің шоқтығы биік. Мұнда білім алған жастар бүгінде әр салада жемісті еңбек етуде.

Аты айтып тұрғандай, қазақтың маңдайалды қыздары білім алатын университетте педагогика саласының мамандарын даярлауға басымдық беріледі. Бала тәрбиесіне жауапты тәрбиешілер «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасында даярланады. Онда «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі бағыттары бойынша білім бакалавры», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу магистрі», «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» бағытындағы мамандықтар алып шығады. Бұл бойынша мектепке дейінгі ұйымның түрлі типтерінде, шағын және дамытушы орталықтарда, отбасылық балабақшада, мектепалды даярлық сыныптарында, мектеп пен балабақшаларда тәрбиеші-педагог қызметін атқарады. Қосымша білім беру бағдарламасы негізінде мектепке дейінгі ұйымда педагог-психолог және мектепке дейінгі ұйым менеджменті біліктілігін қоса игереді.

«Бастауыш білім педагогикасы мен әдістемесі» бағыты бойынша бітірушілер жалпы білім беретін мектептерде, шағын жинақталған мектептерде, гимназиялар, лицейлерде бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарады. Қосымша білім беру бағдарламасы негізінде дайындық сынып мұғалімі біліктілігін қоса алу мүмкіндігі бар.

Аталған екі мамандықта қосдипломды білім беру бағдарламасы бойынша Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті (MVSU, АҚШ) және Нийде Өмер Халисдемир университетімен (Түркия) келісімшарт жасалған. Сондай-ақ, ағылшын тілін терең меңгерген студенттердің бір семестр көлемінде аталған мемлекеттерде білім алу мүмкіндігі бар.

Университет студенттерге тек білім берумен шектелмейді, олардың жан-жақты дамуына барлық мүмкіндік жасайды. Атап айтсақ, студенттердің бос уақытын өткізуге арналған студенттік клубтар, «Аққу» жүзу бассейні мен «Ақбілек» спорт клубы және оқу-спорттық кешендер, қоры өте бай кітапхана, асхана жұмыс істейді, студенттер жатақханамен қамтамасыз етілген.

Аталған мамандықтар бойынша бітіруші түлектер толықтай дерлік жұмысқа орналасады. Өйткені, республикамыздың қай аймағын алсақ та балабақша мен бастауыш мектеп саны жыл сайын артуда. Сол себептен де екі мамандық бойынша да бітіруші түлектер үлкен сұранысқа ие.

Күлбаршын МЕТЕРБАЕВА,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасының профессоры, п.ғ.к.

Әр адамның алға қойған мақсаты бар, ол мақсатқа жету жолында көптеген амалдар қолданып, жоспар құрамыз.

ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Мен Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің «Ақпараттық жүйелер» мамандығының студентімін. Аталған колледжді таңдаған себебім – техникалық және кәсіптік білім беретін үздік оқу орындарының бірі. Мұнда қабілетімізді шыңдап, бағыт-бағдар беріп отыратын ұстаздардың еңбегі зор.

2020 жылы Талдықорған жоғары политехникалық колледжі мерейлі 85 жылдығын атап өтті. Оқу ордамыз жылдан-жылға дамып, өркендеу үстінде. Колледжде Республика деңгейіндегі «Жас маман» жобасы іске асырылуда. Жоба барысында колледж базасы жаңа жабдықтармен толығып, заманға сай білікті маман дайындау мақсатын қолға алды.

2020 жылы WorldSkills аймақтық чемпионатына қатысып, «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша жүлделі I орынға ие болдым. Бұл жеңіске жету жолында «Жас маман» жобасы аясында құрылған WorldSkills жаттығу орталығы өз үлесін қосты. Ендігі алдыма қойған мақсатым – мамандығым бойынша Республика деңгейінде жүлделі орынға ие болу және болашақта өзімнің мамандығым бойынша еліміздің IT саласының дамуына үлесімді қосу.

Колледждің 85 жылдығымен тұспа-тұс келген тағы бір жаңалығымыз – студенттерге арналған жаңа заманауи жатақхана қолданысқа берілді. Жатақхана соңғы жаңа тұрмыстық жабдықтармен қамтылған. Оқу орнына жақын жерде орналасқан. Жаңа студенттер үйінің ашылуы, облысымызда жастарға жайлы жағдайлар жасалып, кәсіптік білімді игеруде, білімді де білікті жас ұрпаққа үлкен қолдаудың белгісі.

Елімізде жастарға көптеген жағдай жасалуда. Бұл біз үшін мақсатқа жету жолында, білікті маман болып қалыптасуда үлкен мүмкіндіктер ашады.

Диас ТІЛЕУБАЙ,
Талдықорған жоғары политехникалық колледжі «ақпараттық жүйелер» мамандығының 4-ші курс студенті

ENGLISH CLUB

Discussed the club`s plans

"Traditions and customs have been criticized for centuries. At one time they rose to the shield and passed from ancestors to descendants as treasures – from family to family, from generation to generation. They are the outward appearance of the people. Without them, the people are a faceless image, like a stone sculpture. "

V.G.Belinsky

The 16th of March,2021 year, under the leadership of S.T. Shaimanova and N.T. Nurpeisova, assistants prof. DGED, a quiz lesson was held, where students of the EMC-20-1 students: Zharkynay Amantayeva, Moldir Mukakozhayeva, Zarema Beisembekova, Dilyara Kamalova and Ayazhan Saduakasova, Arch-20 groups took part. The event was held according to the plan of the "English Club" club, within the framework of the project "Rukhani zhangyru", have demonstrated good knowledge of the English language.The quiz lesson helps students to form an intercultural worldview in the English lesson by introducing historical, geographical, cultural facts about their native country, about the country of the studied language, poems, riddles, proverbs, sayings, etc., and also phraseological units, realities, toponyms, onomastic vocabulary, riddle poems.

S.T. SHAIMANOVA,
assistants prof.,
N.T. Nurpeisova,
assistants prof. DGED,KazGASA, IEC

ТАҒЫЛЫМ



АСЫҚ – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Қай елдің болсын қалыптасып өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбиемен, рухани құндылықтармен сабақтасып, жүзеге асатындығы белгілі. Сол себептен де бүлдіршіндердің бойына ұлттық құндылықтарды дарытып, рухани бай мұрамызды бойларына сіңіре тәрбиелеудің маңызы зор.

Елбасымыз жариялаған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының көздегені де осы, яғни, төл дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту, дініміз бен тіліміздің өркендету. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жүзеге асыратын жастар болғандықтан оларды бала кезінен бастап, ең алдымен, білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білетін, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға тәрбиелеу біздің міндетіміз. Осы орайда салт-дәстүрімізді қастерлеп, бабалар ерлігін насихаттау, тарихи тұлғаларға еліктеуге, тарихи оқиғаға байланысты ойларын айтқызу, қиялын шарықтату барысында оташылдыққа баулу мектепке дейінгі тәрбиеде өз нәтижесін берері хақ. Бұл ретте ұлттық ойындардың да бала тәрбиесінде берер жемісі мол.

Бала ойын арқылы ұлттық тәлім-тәрбиенің үлгісін саналы түрде бойына қабылдайды. Осы орайда асық ойындарының орны ерекше. Асық жайлы батыр атамыз Бауыржан Момышұлы: «Асық – үлкен халықтық тәрбие», – деген екен. Бұл сөздерде үлкен мән-мағына жатыр. Асық ешбір зиянсыз табиғи зат болып табылады. Оның бала өміріндегі маңызы орасан зор. Асық ойындарын ойнау кезінде баланың түрлі танымдық қабілеттері дамып, денсаулығы нығаяды. Ой-қабілеті шыңдалып, дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйластыққа тәрбиеленеді. Бұл ертеден мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыздың қолданысында келе жатқан көне ойын түрі. Ертеде ата-бабаларымыз асық ойынын балаларына жас кезінен бастап үйрете бастаған. Біз де осы үрдісті қолға алсақ бала тәрбиесінде ұтылмасымыз анық.

Балабақша жеткіншектері еліміздің ертеңі, болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл дәстүрін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы, ойлы азаматтар болып қалыптасуы тиіс. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойына сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі әртүрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Балалықтың қанына ойын азық», – деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады

Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Ал асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, физиологиялық, психологиялық жағынан дамытады. Бұл – асықтың құдіреті. Ол арқылы бала дәлдікке, шапшаңдыққа, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиеленеді. Мұндай қасиеті болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмайды..

Асық ойындары қазақ халқының өмірінде ерекше орын алғандығына мынандай мысалдар бұлтартпас дәлел болады деп ойлаймын: Бірінші мысал. Халқымызда «асығың алшысынан түссін» деген жақсы тілек бар. Бұл әр істе жолың болсын, сәттілік серік болсын, мерейің үстем болсын деген мағынада айтылады. Өкінішке қарай, бұл күнде асықтың осыншалықты зор пайдасы ескерілмейді. Ауылда қап-қап асық жинап ойнайтын бала азайып, қалалық жердегі балалар мұндай ұлттық ойын бар екенін де ұмытып барады.

Балабақшадағы бала тәрбиесінде мен өзім асықты жиі қолданамын. Әсіресе, оны таңғы жаттығу барысында тиімді қолдануға болады. Асықты ойыннан бөлек, балаларды жан-жақты дамыту мақсатында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде пайдаланамын.

Асықты ұстау балалардың саусақ буындарына өте пайдалы, моторикасы дамиды. Саусақтармен жұмыс жасау арқылы саусақтары иілгіш болып жаттығады. Мұның бәрі баланың қиялы мен ойын, ұшқырлығын, зейінін жан-жақты дамытады. Асық терапиясы балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық ойлауға, бірлесе әрекет етуге тәрбиелейді. Сондықтан мазмұнды ойындар, жаттығулар құрастырып, оқыту барысында қолданамыз. Асықты пайдалана отырып санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу сияқты әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын қатыстыра отырып, оқу іс-әрекетін ұйымдастырамыз.

Қорыта келгенде айтарым, бүгінде біздер осы асық ойынының мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесіндегі алатын орны зор екенін ескере отырып, оны күнделікті балабақшада баланың ой-өрісін жан-жақты дамыту мақсатында пайдалануымыз қажет дегім келеді. Ойнай білген балаға асықтың пайдасы орасан зор. Асық ойыны балаларды мергендікке, ептілікке баулиды. Бұған қоса аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулыққа көп пайдасын тигізеді. Балалардың ойлау қабілетін дамытады, жан-жақты дамуына ықпал етеді, адамдармен тез тіл табыса білуге үйретеді.

Г. МОЛДАХМЕТОВА,
«Балдырған» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі
Сарыөзек ауылы,
Кербұлақ ауданы

Jetisý
@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ІЛТИПАТ



Талдықорған қаласы мәслихаты депутаттары Рамазан айында игілікті істі қолға алды. Қалалық мәслихат хатшысы Темірболат АХАЖАНОВ бас болып, депутаттардың басын біріктіріп, Талдықорған қаласында тұратын Отан соғысы ардагерлеріне құрмет көрсетті. Жеңіс күніне дейін жарты ай болса да «жақсылықтың ерте-кеші жоқ» деген депутаттар бес топқа бөлініп, ардагерлердің үйіне барды.

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Үлкенге құрмет көрсету ежелден келе жатқан салтымыздың бірі болғандықтан бейбіт өмір үшін жанын қиып, қасқайып тұрып, жауға тойтарыс берген ардагерлерімізді бір қуантып тастады. Бүгінде қала бойынша бес соғыс ардагері бар. Олардың алды тоқсанның сегізіне келсе, ең кішісі тоқсан алтыда. Алтынай Есболат, Сарсенбай Қаңтарбай, Михаил Баранов, Төлеубай Шектібаев, Искак Хусайнов бүгінгі күннің қаһармандары. Иә, бұғанасы қатпай соғысқа аттанып, етігімен су кешіп, қар жастанып, сұрапыл соғыстан аман оралған ардагерлеріміз келген қонақтарды жылы қарсы алды. Бірқатары кәріліктің тауқыметімен, төсек тартып қалса, кей ардагер әлі де тың. Талдықорған қаласы медициналық колледжінің директоры Серік Жансенгіров пен Ушинский атындағы №7 орта мектебінің директоры Жамал Нұрлыбаева Көктал ауылында тұратын Төлеубай Шектібаевтың үйіне барды. Он жеті жасында соғысқа аттанған ақсақал бүгінде тоқсан алтыны алқымдап отыр. Депутаттар келеді дегенді естіген ардагеріміз қақпа сыртынан қонақтарды өзі қарсы алып, аман-саулық сұрасты. Қолына таяғын ұстап, кәріліктің шапанын жамылғанымен атамыз әлі тың. Келген депутаттармен елдің жайы мен саяси жаңалықтарды сұрап, өз ойымен бөлісті.


Соғыстан кейінгі кезеңде ел басқару жұмысына араласқан Төлеубай ата келген қадірменді қонақтарға алғысын білдіріп, ақ батасын да арнады. Депутаттар арнайы алған тәтті толтырылған себет пен теледидар, гүл шоқтарын тапсырды. Ардагермен бірқатар мәселелерді қозғап, өз тарапынан қандай көмек қажет екенін де сұрады. Барлық іске қанағат қылған ақсақал, тек дәрігердің үйге келіп, тексеруін өтінді. Ауылдық емханаға дейін біраз жер жету мұң болғандықтан, жиі келіп қарап тұрса деген өтінішін айтты. Бұл сауал лезде шешіліп, депутат Серік Максимұлы учаскелік дәрігер үйге арнайы келіп, тұрақты тексеріп тұратынын жеткізді. Ардагер келген қонақтарға алғысын білдіріп, құрметпен шығарып салды.

ТАРИХИ КӨШКЕ – 20 ЖЫЛ



«ШЫМЫРЛЫҚТАРДЫҢ» үлесі

Облыс орталығы Талдықорғанға көшіп келгендегі қаланың жағдайын білетін тұрғындар бүгінгі түрленген келбетін көріп еріксіз таңғалатыны белгілі. Әрине, бұл үшін қалалықтар жанын сала еңбектенді. Әсіресе, осындай керемет жағдайға жетуге құрылыс саласындағы құрышқолды жұмысшылар мен құрылыс компанияларының үлесі аз болған жоқ. Соның ішінде Талдықорған облыс орталығы болуымен бірге іргесі қаланып, іргелі істер атқарған "Шымыр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін ерекше атауға болады.



Қажет АНДАС

« Ш ы м ы р » жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тапсырыс бойынша құрылыс материалдарын өзірлейді. Сонымен бірге, көпқабатты үй құрылыстарын салумен де айналысады. Басқасын айтпағанның өзінде "Шымырлықтардың" тері сіңген Қаратал жағалауындағы аллея бүгінде қалаға көрік берумен қатар тұрғындардың бос уақытында тынығып, көңіл сергітіп қайтатын демалыс орнына айналды. Одан бөлек, қала көркін ашқан бірқатар көпқабатты тұрғын үйлерге қолданылған құрылыс материалдарының да "шымырлықтардың" қолынан шыққанын білеміз.

Қала ішіндегі және маңындағы саябақтар мен Талдықорған қаласынан әуежайға дейінгі жол бойындағы түрлі мүсіндердің де "Шымыр" серіктестігі шеберлерінің қолынан шыққанын біреу білсе, біреу білмес. «Шымырда» дайын өнімдер көп-ақ. Тұмар ханшайым, Алтын адам сынды күрделі кескін-пішін, ескерткіштер де, қозы ұстаған бала, домбыра, сақина сынды қарапайым мүсіншілер де бар. Қай-қайсы да қаланың көпшілік орындарына сұранып-ақ тұр. Мәселен, әуежай маңындағы жол бойына орналастырылған жылқылар мен қазақы үлгіде киіндірілген аңшы жігіттің мүсіні жұртшылықты таңғалдырып келеді. Одан әрі арқар, елік, асық, ұлттық музыкалық аспаптар сынды мүсіндер де жұртшылықтың қызығушылығын тудыруда. Олар жасаған мүсіндер тек Талдықорған қаласының ғана емес, Жетісу өңірінің түкпір-түкпірінің келбетін көріктендіріп тұрғанын айта кеткен жөн.

Аталған серіктестікті құрған, барлық жұмысын жүйелеп отырған басшысы Руслан Валишанов бүгінде жұрт қамын жеп жүрген халық қалаулысы. Бірнеше мәрте Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты болып, өңірдің дамуына ықпал ететін талай игілікті жұмыстың басы-қасында болды.

Айта кетерлігі, аталған серіктестік тек құрылыс материалдарын өндіріп, мүсіндер жасап қоймай, түрлі қайырымдылық шараларына да мұрындық болып келеді. Қазір серіктестікте 200-ге жуық адам жұмыспен қамтылған. Жұмыс қарбалас болған тұста жұмысшы саны 500-ге дейін жетеді. Қала тұрғындарын қолдап, қашанда қиналған жандардың қасынан табылып жүрген Руслан Валишановты бәрі құрметтейді. Осы арқылы да жұртты жұмыспен қамтудың үлгісі болып келеді. "Еңбегі бардың өнбегі бар" деген осындайға айтылса керек.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ



АЙДОС пен СҰЛТАН ТОП ЖАРДЫ

Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында грек-рим күресінен Азия чемпионаты аяқталды. Аталған жарыста Қазақстанның 10 балуаны күш сынасып, солардың алтауы жеңіс тұғырына көтерілді. Тарқатып айтсақ, жерлестеріміз 2 алтын, 2 күміс және 2 қола медальді иеленді. Осы нәтиженің арқасында біздің балуандар жалпыкомандалық есепте екінші орынға табан тіреді. Алдымызда – тек Иран құрамасы.

Өткенге зер салсақ, 1983-2020 жылдар аралығында грек-рим күресінен Азия чемпионаттарының жалауы 30 мәрте желбірегенін байқаймыз. Сол аралықта жалпыкомандалық есепте Иран құрамасы 12 мәрте (1983, 2001, 2007-2009, 2011-2012, 2015-2017, 2019-2020) топ жарса, Оңтүстік Кореяның балуандары 10 рет (1989, 1991-1993, 1996-97ж, 2000, 2005, 2010, 2013) қарсылас шақ келтірмепті. Қазақстандықтар алты жарыста (1995, 2003-2004, 2006, 20014, 2018) алдарына жан салмаған. Жапония (1987) мен Өзбекстанның (1999) , өрендері бір-бір реттен дара шығыпты. Міне, командалық сайыста бас жүлдені олжалау құрметіне небәрі бес мемлекеттің балуандары ғана бөленген екен.

Биылғы сары құрлықтың басты додасы өз елімізде өтіп жатқандықтан, қазақстандықтар жалпы есепте алдына жан салмайтын шығар деп үміттендік. Себебі, бұған дейін де Азия чемпионаттарының жалауы Қазақстанда үш мәрте желбірегенін жақсы білеміз. Бұл бәсекелер 2004 және 2006 жылдары Алматыда және 2014 жылы Астанада ұйымдастырылды. Айтулы додалардың барлығында отандық грек-рим күресі шеберлері командалық сайыста ешкімге есе жіберген жоқ. Жарыс кестесінде әр кез жеке-дара көш бастады. Бірақ бұл жолы ондай бақ бізге бұйырмады.

Алматыдағы додаға Иранның апайтөстері керемет даярлықпен келгенін байқатты. Парсы елінің өкілдері 4 алтын, 2 күміс және 2 қоланы олжалап, жеке-дара көш бастады. Қазақстан екінші орынды қанағат тұтса, үшінші сатыға Жапония жайғасты. Күншығыс елінің балуандары 2 алтын мен 4 қоланы қоржынға салды. Сондай-ақ жүлделі орындарды еншілегендер қатарында Оңтүстік Корея (1 алтын, 1 күміс, 4 қола), Өзбекстан (1 алтын, 1 күміс, 1 қола), Тәжікстан (1 күміс), Қырғызстан (3 күміс, 5 қола) және Тайпей (1 қола) сынды елдердің өкілдері бар.

Қазақстанның балуандары арасында Сұлтан Әсетұлы мен Айдос Сұлтанғалидың асқан шеберлігіне тәнті болдық. 63 кило салмақта сайысқа түскен Сұлтан үшін бұл ересектер арасындағы небәрі үшінші жарыс еді. Биыл ол ел чемпионатында топ жарып, Римде өткен халықаралық турнирдің ақтық сынына дейін алқынбай жетті. Алайда жарақат алуына байланысты финалдық бәсекеге шықпай, күміс медальді мойнына ілді. Жамбыл облысы түлегінің Азия чемпионатындағы өнері тіптен керемет болды. Жалынды жас тайпейлік Чжу Чи Хуан, сириялық Мұхаммед Фуаз және ирандық Мейсам Далханиді ойсырата ұтып, бас жүлдені қанжығасына байлады. Бір ғажабы, Сұлтан Әсетұлы осы қарсыластарының барлығын алып ұрып, тушеге түсірді.

60 кило салмақта күрескен Айдос Сұлтанғали – 25 жаста. Нағыз жалындап тұрған шағы. Осыдан үш жыл бұрын ол Будапештте өткен әлем чемпионатында қола медальді иеленіп, көпшілік назарын өзіне аударған еді. Айдос Алматыда да атой салды. Оңтүстік Кореяның өкілі Ким Сеунгхак пен ирактық Каррар Абас Албеедханды сан соқтырған қандасымыз финалда ирандық Мехди Мохсен Неджадпен күш сынасты. Бұл бәсекенің алғашқы жартысы Парсы елі өкілінің пайдасына шешілді – 0:4. Ал үзілістен кейін «қаһарына» мінген қандасымыз екі бірдей кесек әдіс жасап, 8:4 есебімен алға шықты. Неджат қанша тырысқанымен, қазақ спортшысын қуып жете алмады. Бұл есеп кездесудің соңына дейін сақталды. Сыр бойының сайыпқыраны Айдос Сұлтанғали – Азия чемпионы!

67 кило салмақ дәрежесінде белдескен Алмат Кебісбаевтың да бас жүлдені олжалайтындай тамаша мүмкіндігі болды. Бастапқы бәсекелерде өзбекстандық Мирзобек Рахматов пен кореялық Ким Дохенгті және жартылай финалда қырғызстандық Амантұр Исмайловты жолынан ығыстырған сақа спортшы шешуші тұста жапониялық Цучика Шимоямадамен шеберлік байқасты. Бәсеке барысында қазақ жігіті қарсыласынан бақандай жеті ұпай озып тұрды. Енді бір ұпай алса, жеңіс Алматының еншісіне жазылатын еді. Бірақ сын сағатта Алмат білгенінен жаңылып, қарсыласына тізгінді әп-сәтте беріп қойды. Жанұшыра алға ұмтылған жапон жігіті бірден 12 ұпай олжалап, бұл тартысты өз пайдасына шешті. Сөйтіп қазақ спортшысына күміс медальді қанағат тұтудан басқа амал қалмады.

130 кило салмақтағы Әлімхан Сыздықовтың алыптармен айқасып жүргеніне аса көп уақыт бола қойған жоқ. Соған қарамастан ол Азия чемпионатында өзін жақсы қырынан көрсетіп, күміс медальді мойнына ілді. Ол жапониялық Сота Накамура мен кореялық Минжон Кимді қапы қалдырғанымен, шешуші тұста Иранның алыбы Әлиақпар Юсупахмадчалиге әлі жетпеді.

Кезінде Парижде әлем чемпионатының күміс медалін кеудесінде жарқыратып, барша жанкүйердің қошеметіне бөленген Демеу Жадыраевтың да Алматыда бас жүлдені олжалайтынына күмәніміз болған жоқ. Жарысты жап-жақсы бастаған қандасымыз жартылай финалда ойда-жоқта тәжікстандық Далер Резазадеге есе жіберді. Одан кейін оның түрікменстандық Мұхаммедберді Мамедовтен мерейі үстем болды. Алайда Жадыраевтан біз қола емес, алтын медаль күткенімізді несіне жасырайық. Сол секілді 97 кило салмақтағы Ерұлан Ысқақов та бұл жарысты қола медальмен қорытындылады.

Ал Жансерік Сәрсенбиев (55 кило), Азат Садықов (72 кило), Евгений Поливадов (82 кило) және Нұрсұлтан Тұрсынов (87 кило) жеңіс тұғырына көтеріле алмады. Осы балуандардың арасынан тек Нұрсұлтанға ғана еш өкпе айта алмаймыз. Өйткені ол жуырда ғана Алматыда өткен лицензиялық турнирде күресіп, Токио Олимпиадасының жолдамасына иелік етті. Бұл жарыс оның көп күш-қуатын сарқып алғаны Азия чемпионаты барысында анық байқалды. Тұрсынов қанша талпынса да, көздеген мақсатына қол жеткізе алмады.

Жалпы, осы орайда ұлттық құрама бапкерлерінен де ағаттық кеткені анық. Күні кеше ғана дүбірлі додада жанын салып айқасқан балуанды арада үш-төрт күн өткеннен кейін жарыс жолына шығармай-ақ қоюға да болатын еді ғой. Бұл ретте олар Нұрсұлтанды демалдырып, оның орнына жас буын өкілдерінің біріне сенім артуы қажет еді.

Ғалым СҰЛЕЙМЕН

БИЗНЕС БАСТАУ
КӘСІПКЕРЛІК МЕКТЕБІ

Талдықорғандық Ажар Сейдахмет «Еңбек» жобасы бойынша грант иегері атанып, өз кәсібін бастады. Оның сұлулық салонын ашуы еліміздегі карантиндік кезеңмен тұспа-тұс келді. Сонда да еш мойымай, өз кәсібін дөңгелентіп әкетті.

КАРАНТИНДЕ БАСТАЛҒАН КӘСІП

Талдықорған қаласының тумасы Ажар Сейдахметтің косметология саласында бірнеше жылдық тәжірибесі бар. Ол 2017 жылдан бастап «әдемі» бизнес саласында. Тек 2019 жылы өз ісін бастап, жеке салон ашуды ұйғарды. Осы мақсатпен кәсіпкерлер палатасына жүгініп, «Бастау Бизнес» жобасына қатысты. Бір ай бойы бизнесті ашу мен жүргізудің қыр-сырымен танысып, кәсіпкер болуға үйренді. – Клиенттерім маған әрқашан: «Неге салон ашып, клиенттер санын көбейтпейсің?» – деп сұрайтын. Содан мен мемлекеттік қолдауды пайдаланып, аппараттық косметология сияқты бағытты дамытуды шештім. Талдықорғанда бұл сала әлі дамымаған. Бірақ бұл қызметтерге үлкен сұраныс бар, – дейді жас кәсіпкер.

Ажардың жобасы «Еңбек» бағдарламасы бойынша 200 АЕК көлемінде грант ұтты. Алайда кәсібінің бастауы коронавирус инфекциясының ушыға бастаған кезімен тұспа-тұс келді. Еліміз бойынша кәсіпкерлік нысандарына шектеу шаралары енгізіле басталды. Бұл туралы жас кәсіпкер:

– Пандемияға қарамастан сұлулық салонын аштым. Әрине, басында қиыншылықтар болды. Біз карантин шараларының жеңілдетілуін күттік. Осы кезде бизнестің – тәуекелге бару және басына іс түскен кезде тиімді шешімдерді табу мүмкіндігі екенін түсіндім. Талдықорғандағы сауда үйлерінің бірінде жалға орын алып, Кореядан жабдық сатып алдым, – дейді.

Бүгінде салонда бетті аппараттық тазартудан бастап, қара дақтар мен безеулерден арылту, бет массажы, әжімдерге арналған маска сынды косметологиялық процедулар бар. Қай уақытта барсаң да «Ажар» сұлулық салонында жұмыс қызу. Енді кәсіпкер жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасына қатысып, құрал-жабдық сатып алуды жоспарлап отыр. Оның арқасында жаңа жұмыс орны да ашылады.

Шұғыл АЙТМҰХАМБЕТОВА,
Жетісу университетінің магистрі

Jetisý
@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru



Көктемнің бір күні жылға азық



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

«Jetisu Media» ақпарат орталығының ұйымдастыруымен «Жетісудағы егін жұмыстары» тақырыбында өткен көшпелі баспасөз-мәслихаты барысында Көксу ауданындағы Жарлыөзек елді мекеніндегі қант қызылшасы алқабы, Қапшағай қаласына қарасты Шеңгелді және Сарыбұлақ ауылындағы пияз және қант қызылшасы алқаптарының жұмысы таныстырылды.

Қажет АНДАС

Көксу ауданының барлық елді мекенінде бүгінде қызу еңбек жүріп жатыр. Жол бойы көріп өткен егіс алқаптарында бірі жер жыртып, енді бірі қопсыған топырақты ұсақтап, тағы да бірі жерге дән егіп жатқан түрлі техника мен жыл бойғы тіршілігін осы дала төсінен табатын дикандардың қарбалас еңбегін көресің. Журналистер ең алдымен осындай қызу тірлік жүріп жатқан Жарлыөзек ауылындағы «Алим-Таяр» шаруа қожалығының егіс алқабына ат басын тіреді. Бізді күтіп алған Көксу ауданы ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Ержан Шалқыбеков пен шаруа қожалығының иесі Таяр Зейналов егіс науқаны барысын таныстырып шықты.

– Біздің шаруа қожылық 1998 жылы құрылды. Міне, содан бергі жиырма неше жылдан бері ауылшаруашылығы тауарларын өндірумен айналысып келеміз. Бүгінде шаруашылыққа тиесілі 170 гектар суармалы жердің 80 гектарына қант қызылшасын, қалғанына көкөніс, майбұршақ, дәнді жүгері сеуіп, соны баптап, күтіп, мол өнім алуға тырысып жатырмыз. Қазіргі науқан кезінде 50 адам жұмыспен қамтылып, әрбіріне 80 мың теңгеден жалақы төленуде. Қолымызда төрт «МТЗ-82», төрт «Беларусь», бір «Беларус-82,1» тракторы, екі комбайн бар. Үкімет тарапынан тұқым және жеңілдетілген жанар-жағармай арқылы қолдау көрсетілуде, – дейді шаруашылық басшысы.

Жалпы биылғы жылы Көксу ауданы 31 мың гектардан астам егістік жерді өңдемек. Оның 9 мың гектарына дәнді, 10 мың гектарына майлы дақыл, 6 мың гектарына мал азығын, 900 гектар картоп, 800 гектар көкөніс, 150 гектар бақша дақылын себуді жоспарлап отыр. Қазір көпжылдық шөптер мен арпабидай себіліп жатыр. Осыған дейін 4 мың гектарға жуық күздік себіліп, 7 мың гектар сүдігер жыртылыпты. Көктемгі дала жұмыстары аясында 20 мың гектардан астам егіс алқабының 30 пайызы жыртылған.

– Өңірде қызылша себу жұмысы басталды. Биыл 2600 гектар жерге қант қызылшасын себуді жоспарлап отырмыз. Өткен жылмен салыстырғанда 300 гектарға артық. Арзандатылған жанар-жағармай толық алынды. Ал қазақстандық тыңайтқыштар 50, басқа елден келген тыңайтқыштар 30 пайыз жеңілдетілген бағамен шаруа қожалықтарына берілуде. Бүгінде 150 гектар жер игерілді, – дейді Көксу ауданы ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Ержан Шалқыбеков.

Аталған ауданда ауылшаруашылығымен айналысатын Қалибек Алпысбаев басқаратын «Алан» және Шекербек Шеңгелбаев басқаратын «Тоған» сервистік-дайындау орталығы бар. Олар да өңірдің ауылшаруашылығы саласын өркендетуге көп үлес қосуда.

Алажаздай туристік қызметімен экономикасын еселеп отырған Қапшағай қаласының да ауылшаруашылығы жағындағы бәсі төмен емес. Қалалық ауылшаруашылығы бөлімінің ақпараты бойынша, биыл 13666 гектар егістік жер игерілмекші, оның 8448 гектары суармалы жер.

– Биылғы жоспар бойынша 4297 гектар дәнді дақыл, 4062 гектар майлы дақыл, 350 гектар картоп, 1935 гектар көкөніс, 190 гектар бақша дақылы, 800 гектар қант қызылшасы, 2155 гектар мал азықтық өнімін егуді жоспарлап отырмыз. Көктемгі егіс-дала жұмыстарын жүргізу үшін облыстық ауылшаруашылық басқармасынан 250 тонна жанар-жағармай бөлініп, оның литрін 165,5 теңге арзандатылған бағамен төлеп алу қарастырылды. Жоспарға сәйкес наурыз айына 83 тонна, сәуір айына 83 тонна, мамыр айына 84 тонна дизель отыны бөлінді. Қазіргі таңда төрт шаруа қожалық дизель отынына өтініш беріп, өтініштері толықтай қанағаттандырылды, – деді бізге берген сұхбатында қалалық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Рауан Жамағатов.

Қапшағайлықтардың көктемгі егіс жұмысына дайындаған техникасы да сақадай-сай екенін байқадық. Бүгінде дала жұмыстарына 150 бірлік техника жұмылдырылыпты. Оның ішінде «К-700» техникасы 3, «МТЗ» маркалы трактордың барлық түрінен 51 бірлік бар. Бұл егіс жұмысымен айналысатын шаруа қожалықтарының қиыншылығын жеңілдетіп, өнімділігін арттырып отыр.

– Шаруашылыққа қарасты 150 гектар жердің 130 гектарына қант қызылшасының «Ардан» тұқымын, қалғанына жүгері дақылын егіп жатырмыз. Қазір 100 гектар жерге тұқым сіңірілді. Қалған жерде де қызу жұмыс жүріп жатыр. Дала жұмыстарына 24 адам және 15 техника тартылды. Тұқым, жанар-жағармайды Үкіметтен жеңілдетілген бағада алып жатырмыз. Қант қызылшасын егу, жинау жұмысына қолданылатын төрт «Беларусь» тракторы, екі «КамАЗ» көлігі, бір комбайнымыз бар. Техника жағынан тапшылық жоқ. Міне, бес жыл болды екі шаруашылықты біріктіріп, сервистік-дайындау орталығын құрып едік. Жұмысымыз өркендеп келеді. Алдағы уақытта қант қызылшасының егіс алқабын 300 гектардан арттырсақ деген ойымыз бар. Оған сай адам күші де, техника саны да арта беретінін белгілі. Сол межеге жетуге талпынып келеміз, – дейді Сарыбұлақ ауылындағы «АгроСервисҚант СДО» ЖШС басшысы Айбек Ботай.

Қапшағайлықтар тағы бір жағынан жуа дақылын өсірумен де танымал. Сол қатарда Шеңгелді ауылындағы «Бауыр» шаруа қожалығы бірнеше жылдан бері осы дақыл түрімен арнайы айналысып келеді. Біз аталған шаруа қожалығының 20 гектер жерге жуа тұқымын сеуіп жатқанының үстінен түстік.

– Былтыр да 20 гектар жерге жуа егіп, гектарынан 70 тоннадан өнім алдық. Биыл сол межеден асырамыз деген сенім бар. Техника да, адам күші де жеткілікті. Үкімет тарапынан жеңілдетілген бағамен тұқым және жанар-жағармай алынды. Өнімдеріміз «Магнум» сауда орталықтары және Алтын орда базарына сатылымға шығады. Ресейге де шығарамыз. Өнімді күзде жинап, қыс бойы ауыл іргесіндегі қоймада сақтаймыз, – дейді «Бауыр» шаруа қожалығының басшысы Бауыржан Жандосов.

Қай қырынан келсек те, дикандардың көңілі тоқ. Бірақ та қапшағайлықтар кей жылдары суға деген тапшылықтың белең алып қалатынын жасырмады. Алайда Қапшағай қалалық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Рауан Жамағатов биыл су тапшылығы болмайды деген сенімде.

– Қапшағай өңіріндегі егіс алқаптары Қапшағай су қоймасынан насос арқылы сорылып алынған сумен суғарылады. Өткен жылы су деңгейінің түсіп кетуіне байланысты насостардың су тарту қуаты азайып, біраз қиындық болды. Алайда бүгінгі таңдағы су деңгейі жылдағыдан жоғары. Оның үстіне биыл 5 насос стансысын толық іске қосуды көздеп отырмыз. Оларға су келетін көздер тазаланып, бәрі реттелді. Мамыр айынан бастап су бере бастаймыз, – деді ол.

Қос өңірдің де шаруа қожалықтары ағымдағы жылы ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясын жаңартып, егістікті тиімді пайдалану, топырақты қорғау жүйесін тиімді игеруді қамтамасыз ету, өсімдікті зиянкестерден, аурулардан және арамшөптерден қорғау, тыңайтқыштар, гербицидтер, суармалы су беру қызметтерін субсидиялауға қатысты жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанына куә болдық.

Көксу ауданы
Қапшағай қаласы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ



Тәуелсіздік – Тәңір берген тәтті сый. Ата-бабамыздың білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, бізге аманаттап кеткен тәуелсіздігін тәу етіп, ұрпаққа жеткізу – міндетіміз. Биыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында республика көлемінде ауыл, аудан, облыс бойынша көптеген іс-шара өткізілуде. Оған Үшарал орта мектебі ұжымы да өз үлесін қосуда. «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 түп ағаш» деп мектеп ұжымы ағаш көшеттерін егіп, көгалдандыру жұмысын жалғастырды. Қашықтықтан оқушылар арасында тәрбие сағаттары, сурет көрмесі, шығарма байқауы өтуде.

Дарынды ұрпақ – ұлт болашағы

Тәуелсіздіктің 30 жылында еліміздің жеткен жетістіктері, бағындырған белестері, Қазақстанды әлем танып мойындауы, міне, осы тарихи шежірені бүгінгі ұрпақ біліп, сезініп өсуі тиіс. Тәуелсіздікке тарту ретінде мектебіміздегі дарынды оқушылар өз жыр-толғауларын арнауда. Сондай оқушылардың бірі – Гүлмарал Жаңабай.

Өлең атты өлкеге өзіндік сапар шегіп жүрген Гүлмаралдың болашағынан зор үміт күтемін. Мектептегі «Жас қалам», «Жас қауырсын» үйірмелерінен шыңдалған шәкіртімнің жетістіктері аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрді. Аудандық, облыстық Әбіш Кекілбаев оқуларының жеңімпазы, «Жастары белсенді елдің ертеңі жарқын» атты жазба ақындар мүшәйрасында және «Өнерді ұлықтаған жастар» атты байқаудан Алғыс хат иеленді. А. Құнанбайұлының 175 жылдығына байланысты «Алтын ғасыр» ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған жарыста Мақтау қағазы мен арнайы медальмен марапатталды. «Елі сүйген, жерін сүйген Елбасы» Республикалық шығармалар байқауының бірінші орын иегері. Гүлмарал Ерсінқызының шығармашылық жолына талмас талап тілей отырып, алар асулары әлі де көп болады деп сенемін.

Гүлнара ҚОЖАХАНОВА,
Үшарал орта мектебінің мұғалімі



Жұмбақ

Жеті бауыр туыспыз
Атымыз өзге демесең,
Жұмған жұдырық
уыспыз.

(Аппақ күріш)



Тәуелсіздік – тұғырым

Отыз жыл Тәуелсіздік төріндеміз,
Әлі талай биіктерден көрінерміз.
Рухты елім, қазағым мәңгі жасап,
Ұрпақтардың жыры боп төгілерміз.

Қаншама тарих жатыр қойнауында,
Ұлы Далам, жазиралы жайлауында.
Сол тарихтың берілген жемісі ғой,
Бүгінгі тәуелсіздік тойлауында.

Егемендік келмеді ғажаппенен,
Келді қиын-қыстаумен, азаппенен.
Өршіл рухты ата-бабам арқасында,
Танылды атауымыз «қазақ» деген.

Төгілді осы жолда қаншама қан,
Көрсетті батырлығын қаншама жан.
Аңсауменен егеменді ел болуды,
Өтті қанша түн менен қаншама таң!

Өткен талай тарихтың сағасынан,
Бой көтерген Есілдің жағасынан.
Салынды бас қаламыз Сарыарқадай,
Кең-байтақ қазағымның даласынан.

Бұл күндері Нұр-Сұлтан астанамыз,
Әсем, сұлу көркіне шаттанамыз.
Тату-тәтті, бейбіт тыныш, көркем сұлу,
Бас қаламыз өзіңмен мақтанамыз.

Тік ұстаған төрткүл дүние терезесін,
Бүгін елім кең жаяды керегесін.
Қуанышпен, шаттықпен, мақтанышпен,
Тойлаудамыз тәуелсіздік мерекесін.

Гүлмара ЖАҢАБАЙ,
Үшарал орта мектебінің
11-сынып оқушысы

Панфилов ауданы

ЖАС ҚАЛАМ

Ерке бала – Ерасыл

Менің інімнің есімі Ерасыл. Ол екі жаста. Қабанбайдай батыр болсын деп әкем есімін Ерасыл деп қойған. Қабанбай батырдың шын есімі Ерасыл болғаны тарихтан белгілі.

Шындығында Ерасыл кіп-кішкентай болса да батыр. Үйде бес баланың ең кенжесі бола тұра ештеңеден қаймықпайды, қорықпайды, бәрімізді басқарады десек те болады. Айтқанын істетеді. Әкем мен анам да оны еркелетеді.

Ең сүйікті ісі – мультфильм көру. Ондағы кейіпкерлердің қылықтарын қайталап, бізді күлдіреді. Қазір өзі балабақшаға барып жүр. Күнде сұрайтыны банан, сок, чипси. Чипсиді «пи-пи», сокты «пок» дейді. Біз бірден не сұрап тұрғанын түсіне қоямыз. Чипсы мен тәтті сусын зиян болған соң күнде бере бермейміз. Ал банан әпермесең, балабақшаға бармай қояды.

Оның досы бар. Есімі – Әлішер. Балабақшадан келген соң екеуі бірге ойнайды. Біз бәріміз Ерасылды жақсы көреміз. Ініңнің болғаны қандай жақсы?!

Жанна ЖОЛДАСБЕК,
Сүйінбай атындағы орта мектептің оқушысы

Жамбыл ауданы

Ананың жүрегі

(әңгіме)

Әмина айнаға қарап анасының жанында шашын тарап отыр еді.

– Қызым, тарағыңды бере тұршы, – деді Айман.

– Жарайды, мама, – деді ол тарақты ұсынып. Анасының қолы қалтырап кетті. Әмина таңданып, ауызын ашып қалды.

– Мама, сенің қолдарың неге дірілдейді? – деп сұрады Әмина.

– Сендер көшеде ойнаған кезде қатты уайымдап отырам. Сен кішкентай кезінде белсебедтен құлап, қолыңды қатты жарақаттап алғансың. Бір апта ауруханада жаттың. Содан бері қолым қалтырайтын болды.

Әминаның анасына жаны ашып кетті.

– Мама, шашыңды мен тарап берейінші, – деп анасының қара шашын түзетіп, әдемілеп тарай бастады.

– Ой, мама, шашыңда ақ шаш бар екен, – деді қызы бір тал ұзын шашты ұстап. Анасы жымиып күлді.

– Мама, бұрын басыңда ақ шаш жоқ еді ғой, қалай пайда болған?

– Уайымдағаннан шығар, – деді Айман. – Адам уайымдай берсе жүрегі ауыра береді.

– Сонда ақ шаш уайымдағаннан шықты ма?

– Иә, өткенде інің қораның төбесіне шығып, түсе алмай бақырғанын білесің ғой. Мен Әли құлап қалды ма деп далаға атып шықтым. Әли екі қолымен ағаштан ұстап салбырап, жылап тұр екен. Әкең ініңді көріп, жүгіріп барып сатыны алды да, жерге түсіріп алды. Содан жүрегім ауырып кетті.

– Әли, бері келші! – деп Әмина інісін дауыстап шақырды. Ол жүгіріп жетіп келді.

– Не болды? Мені неге шақырдың? – деді Әли.

– Қарашы, маманың басына ақ шаш түсіпті.

– Ақ шаш дейсің бе? Қане, көрейінші!

– Міне, ұзын ақ шаш!

Әлидің ауызы ашылып қалды.

– Мама, маңдайыңды сырып алғансың ба? Менікі сияқты сызық бар ғой, – деді Әли.

– Сенікін тал сырып кеткен ғой. Менің маңдайыма әжім түскен.

– Әжім дейсің бе? Ол неге түседі? – деді Әли өз маңдайын сипап.

– Жүрегім ауырғаннан.

– Маманың жүрегі ауырса басына ақ шаш түседі, қолы қалтырайды, – деді Әмина інісіне жауап беріп.

– А, солай ма? – деп Әли ойланып қалды.

– Иә, – деді анасы. – Адамның жүрегі ауыра берсе, бетіне әжім түсіп, шашы ағарып, тез қартайып кетеді.

– Ой, мама, бізді кешірші, енді сенің жүрегіңді ешқашан ауыртпаймыз, – деді екеуі жарыса.

– Ақылдарыңнан айналдым! – деген Айман балаларының бетінен сүйіп, басынан сипады.

Асхат ӨМІРБАЕВ
Қаратал ауданы

Адам мен табиғат – егіз ұғым. Біз табиғаттан өзімізге қажет нәрсенің бәрін алуды, күн шуақты ауа райында өмір сүруге, суын, жемісін, көкөністерін тұтынуды үйрендік. Демек, адам – табиғаттың баласы.

Табиғат – талбесігің

Табиғат – біздің санамыздан тыс өмірімізге тірек болып тұрған болмыс. Адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Табиғат адам баласының бойына махаббат, мейірім мен күн шуағын ұялатқан – аяулы ана. Яғни, адамның тіршілігі табиғатпен тікелей байланысты. Сондықтан да біз табиғи тепе-теңдікті бұзбауымыз керек. Егер, сіз табиғатқа пайда келтіретін жануарларды жойсаңыз, онда зиянкестер саны көбейеді. Олардан жасыл желектер зардап шегеді.

Табиғатты қорғаушың, асыраушың деуге де болады. Ата-бабамыз: «Жер – қазына, су – алтын, мал – байлық» деп өсиет айтып келгені тегін емес. Оның әрбір әсері адам өмірінде үлкен рөл атқарады. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес.

Адамдардың кейбір іс-әрекеті қоршаған ортаға үлкен зиян келтіреді. Әсіресе, оны ластаса. Көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындар қалдықтарды өзендерге төгіп, балықтар мен суда жүзетін құстарды қырып тастайды. Зиянды парниктік газдар атмосфераға, фабрикалар мен кәсіпорындардың құбырларынан шығарылады. Көліктің көптігі ауаны газбен ластайды. Ауылшаруашылық жерлерін ұтымсыз пайдалану салдарынан топырақтың құнарлығы төмендейді. Осылайша өркениеттің арқасында адам табиғаттан одан әрі алшақтап, оған қамқорлық жасауды ұмытады екен.

Адамның табиғатқа тигізетін зияны – ол өзіне жасаған қиянаты. Біздің әрбір басқан қадамымыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланысты болғандықтан табиғатты аялауымыз керек. Таза ауамен тыныс алып, экологиялық таза өнімдерді жеу үшін көп тер төгіп, қоршаған ортаны қорғауға қамқорлық жасауға тиіспіз.

Әр адамның ең басты міндеті – ағаш отырғызып, оны өсіру. Кейін ол айналаға хош иісін беріп қана қоймай, ауаны да тазарта алады.

Табиғатпен тығыз байланыста болу үшін демалыс күндері қаладан тыс жерге барып, орманда серуендеп, көлде жүзіп және күн шуағына қыздырынып тұру қажет. Ешқашанда аулаңызда қоқыс, пластикалық бөтелкелер мен сөмкелер қалдырмаңыз. Осындай іс-әрекеттерден кейін біздің өміріміз қуанышқа толып, көңіл-күйіміз жақсарады.

Бізге үнемі қуаныш сыйлайтын табиғатты ұмытпай, аялауымыз керек. Өйткені, ол бізді тамақтандырады, жылытады және өміріміздің жағымды әсерге толтырады. Ал біз болсақ, оны таза ұстап, жайнатуымыз қажет.

Айгерім ЕСІМХАН,
№12 орта мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы

Талдықорған қаласы

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№50
(18902)

Beısenbi,
13 mamyr,
2021 jyl

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@#Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Талдықорған қаласы жыл өткен сайын құлпырып келеді. Оған заманауи үлгіде бой көтеріп жатқан әдемі ғимараттар мен алыстан менмұндалайтын көпқабатты тұрғын үйлердің көбеюі дәлел. Жасыл желекпен көмкерілген Алматы облысы орталығының абаттандырылуына, көгалдандырылуына, сондай-ақ, жарықтандырылуына да айрықша көңіл бөлінуде. Ел игілігі үшін жасалып жатқан шарапатты істер алдағы уақытта да жалғасып, шаһар қонақтары тамашалайтын сәулетті орындардың саны артпақ. Тағы бір маңызды жаңалық, Талдықорғандағы жаңа шағынаудандардан 16 қабатты он тұрғын үй салынады.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

ТАЛДЫҚОРҒАН ТҮРЛЕНЕ ТҮСПЕК

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Бұл туралы облыс әкімдігінде қаланың кескін-келбетін одан әрі жетілдіру жөніндегі жоба-жоспарларды таныстыру барысында жанжақты айтылды. Осы ретте атқарылып жатқан жұмыстар тұрғысында Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Дәркен Нұржанов, «Урбан-Стиль» ЖШС директоры Любовь Нысанбаева, «Сайман корпорациясы» ЖШС бөлім басшысы Әрсен Байкенов, тағы басқаларының ой-пікірлері тыңдалып, егжей-тегжейлі талқыланды. Осыған байланысты облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ шаһарды заман талабына сай өркендету бойынша мамандар айтқан ұсыныс-тілекке құлақ асып, жобаға қатысты ұтымды ақыл-кеңес берді, кемшін тұстарын түзетуге ой қосты.

Алдағы уақытта іске асырылуы тиіс жоба-жоспарларды әңгімелеу барысында 8-ші шағынаудандағы тұрғын үйлердің және шаһардың кіреберісінің оң жағында орналасқан 9, 10 шағынауданда бой көтеретін 16 қабатты он алып тұрғын үй құрылысының жобалары ұсынылды. Бұл баспаналар Салтанат сарайының маңынан орын теппек. Үйлердің төменгі қабатында коммерциялық нысандар болады. Дәркен Нұржановтың сөзінше, аталған құрылысты «BI Group» компаниясы қолға алмақ. Құрылыс жұмыстары жаз айында басталып, бірқатары келесі жылдың соңында мемлекеттік бағдарламалар арқылы пайдалануға беріле бастайды деп көзделіп отыр.

Қаратал шағынауданы мен Жансүгіров көшесі бойында қала көркін бұзып тұрған ескі үйлер көптеп табылады, оған жапсарлай салынған құрылыстар да сан алуан. Осыған қатысты ойын жеткізген әкім көпқабатты тұрғын үйлердің бірінші қабатындағы бұрышқа жабыстырып, қабыстырып нысан салуға болмайтынын қадап айтты. Алдағы уақытта мұндай жағдайға жол берілмеуі тиіс екенін құрылысқа жауапты тұлғаларға қарата айтып, назарға салды. Қала құрылысын жүргізгенде алдымен бас жоспарға көңіл бөліп, жобадан ауытқымау қажеттігін атап көрсетті.

Көп ұзамай, жоғарыда аталған ескі үйлердің қасбеттері жаңаланып, заманауи үлгіде жасалатын болады. Жоспарланған бұл істер келесі жылдан бастап жүзеге аса бастайды. Сонымен бірге, өркениетті сауда нүктесі бой көтереді. Амандық Ғаббасұлы әсіресе, қала тұрғындарының алаңсыз демалып, серуендеуіне ыңғайлы орындардың талап үдесінен шығатындай етіп жасалуына ден қоюды тапсырып, жобалаушылардың есіне салды. Бір сөзбен айтқанда, ұсынылған жоба-жоспарлар облыс басшысына ұнады және ол қала әкіміне тапсырмалар беріп, лайықты инвестор табуды міндеттеді.

Талдықорған Ұлы Жібек жолында жатыр. Осының белгісі ретінде Алматыдан кіреберістегі айналма жолда «Керуен» деп аталатын архитектуралық композиция орын теппек. Осылайша, тоғыз түйе тоғыз жолдың торабын әрлендіре түспек. Коттедж қалашығындағы көшелердің жарықтандырылуы да жақсарады. Бұл істі «Сайман корпорациясы» ЖШС жүзеге асырмақ. Осыған орай, ақылды жарық жүйесі жобасы ұсынылды. «Біз коттедж қалашығын зерттедік. Шам көп, жарығы шамалы. Біздің жоба ондағы 891 көше шамын 537-ге дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Диодты жарық шамдар самаладай жарық әрі бюджет шығынын азайтуға септігін тигізеді. Бұған қоса, Назарбаев, Жансүгіров, Қабанбай батыр көшелеріндегі жарықты да жаңа деңгейге шығаруға дайынбыз», – деді Әрсен Байкенов.

Бұған қоса, шаһарда тірі алма ағаштары алаңқайлары мен су бұрқақтары кешенін ашу идеялары талқыланды. Амандық Ғаббасұлының жеке идеясынан туындаған «Аялы алақан» жобасы да жиналғандарды таңғалдырды. Әкімнің айтуынша, бұл індетпен күрескен дәрігерлерге алғыс ретіндегі белгі. Алдағы бір-екі айда ол инфекциялық аурухананың алдына орнатылатын болады.

ИМАНДЫЛЫҚ

ОРАЗА АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти**

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Қадірлі мұсылман қауым!

Сіздерді исі мұсылман баласының ұлық мерекесі – Ораза айтпен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Отбасыларыңызға бақыт пен береке, дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға табыс тілеймін. Ораза айт – жүрекке қуаныш пен мейірім сыйлайтын, адамзат баласын ізгілікке, достық пен бауырластыққа, қанағат пен қайырымдылыққа үндейтін мейрам.

Айт сөзі – мерекелеу, хал сұрасу, бір-бірін қуанту, қуанышқа топталу, қарымта деген ұғымды білдіреді. Ораза айт – қасиетті Рамазан айының аяқталғанын білдіретін мереке. Жер бетіндегі күллі мұсылман үмбеті айт күндері хал сұрасып, бір-бірін құттықтап, мәре-сәре күй кешеді. Сонымен қатар, көмекке мұқтаж жандарға жәрдемдесіп, оларды да қуанышқа бөлейді. Алла Тағала: **«...Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін...»** дейді. Жаратушы Иеміз сіз бен біздің қуанышты күндерімізді еселей түссін деп тілеймін.

Ораза айт – отбасылық мереке. Айт күндері ата-анамызды, ұл-қыздарымызды, аға-бауырларымызды қуанышқа кенелтіп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен мүгедек жандарға көмектесудің сауабы мол. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қасиетті Рамазан айында еліміз бойынша ауызашар қораптарын таратып, қайырымдылық жобаларды жүзеге асырды. Сауаптар еселеніп жазылатын берекелі айда игі іске атсалысқан еріктілерге, демеуші азаматтар мен жомарт жандарға риясыз ниетпен айрықша алғысымды білдіремін.

Еліміздегі пандемиялық жағдайды ескеріп, Діни басқарманың пәтуасы мен мешіт тәртібіне бағынып, құлшылығын үйде орындап, оразасын оқшау түрде ұстаған жамағатқа да Алла разы болсын айтамын!

Құрметті жамағат!

Алла Тағала отыз күн бойы ұстаған оразамызды, жасаған дұғамызды, жәрдемге мұқтаж жандарға үлестірген садақамызды қабыл еткей! Әр отбасына амандық, жақсылық тілеймін. Оразадан оразаға дейін аманесен жете берейік! Жер бетінен жұқпалы дерт жойылып, мерекелі, берекелі сәттерде жүздесуді жазғай! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әмин!

ОТАНДЫҚ ӨНІМ



ҚАНТ ЗАУЫТЫНДАҒЫ БЕТБҰРЫС

Қант қызылшасын өндіру мен қант өңдеуде көш бастап тұрған аймағымыз биыл да межеленген жоспарды ойдағыдай жүзеге асыруда. Әрине, күн сайын үстелден табылатын құмшекердің бағасы жыл басында қымбаттап, біраз әбігерге салған еді. Енді, міне, "Көксу қант зауыты" ЖШС-де қант қамысынан өндірілген шекердің есебінен қант нарығы біраз болса да реттеліп қалды деуге болады.

Қажет АНДАС

"Көксу қант зауыты" ЖШС қант қамысынан шекер шығару ісін біраз жылдан бері жоспарлап келді. Алайда техникалық шарт-жағдай, тағы да басқа себептерге байланысты арман орындалмай келген еді. Өткен жылдары зауытқа жүргізілген күрделі жөндеу жұмысы жаңа қадамды жүзеге асыруға материалдық негіз қалап берді. Нәтижесінде, биыл өндіріс орны қант қамысынан қант өңдейтін құрылғыларды орнатып, Бразилиядан қант шикізатын тасымалдап, ойдағы істі жүзеге асыруға бірден кірісіп кетті.

– Әр істің өз қиындығы да, қызығы да болады. Қант қамысынан шекер өндіру ісін алғаш қолға алғанда көңілімізде күдіктің болғаны рас. «Өніміміздің жұрт қалай қабылдайды, нарықтағы орны қалай болады?» – деген сан сұрақ алаңдатқаны анық. Бірақ қант өндірудегі ұзақ жылдық тәжірибеміздің арқасында жаңа бастаманы бастап кеттік. Қант қамысынан қант шығаратын құрылығыларды орнатып болып, наурыз айында осы жұмысты қолға алдық. Басында біз осы жылы 30 мың тонна таза қант өндіреміз деп жоспарлап едік. Алайда екі айдың ішінде 16 мың тонна қант өндіріп, нарыққа шығардық. Қазір еліміздің бар аймағында біздің өнім сатылымға шықты. Тұтынушылардың жақсы бағасын естіген сайын көңіліміз желпініп, құлшынысымыз артып келеді. Бүгінде бірінші кезекте әкелген шикізат өңделіп бітті. Екінші кезеңдегі шикізат жолда келе жатыр. Бұл жұмысты шілде айының соңына дейін жүргіземіз. Әлі үш ай шамасында уақытымыз бар. Демек, ойлаған жоспарымыз артығымен орындалады деген сөз, – дейді "Көксу қант зауыты" ЖШС директоры Алтынбек Абатов.

"Көксу қант зауыты" ЖШС-ның жаңа өнімі тұтынушылардың ықыласына бөленумен қатар нарықтағы қант бағасын реттеуге үлкен ықпал етіп жатқанын білуге тиіспіз. Қазір зауыт өндірген шекерлер нарықта 280 теңгенің айналысында сатылымда жүр.

– Бүгінде зауытта 300-ден аса адам жұмыспен қамтылған. Жыл сайын ақпан айында қант қызылшасын өңдеу жұмысы аяқталған соң қоңыр күзге дейін үйлерінде жұмыссыз отыратын осы адамдарды жыл бойы тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік берді, – дейді Көксу аудандық мәслихатының депутаты Айгүл Айманбекова.

Игі бастама, міне, осылай әлеуметтің әлеуетін көтеруге үлкен серпін берді.

Көксу ауданы

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ҚАЛАНЫ АРАЛАДЫ
2-бет

АЛТЫН БЕСІК АҚҚАЙНАР
3-бет

Тарих болып сырқай кезең, жыл өктем,
Ғасыр бойы ұлттың рухын жыр еткен.
Талай тұлға ұшып шыққан, тұлеткен,
«Жетісуға» жазыл, сырлас, жүрекпен!



БАСПАСӨЗ – 2021

«Жетісудың» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Екінші жартыжылдыққа жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	4855,68	5165,28
Зейнеткерлер үшін	35469	3069,36	3378,96
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3216,96	3526,56
Жалпы жеке жазылу	65469	3367,44	3677,04



Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

Редакцияға келіп балама жазылу:

Жазылушылар	6 айға
Заңды тұлғалар үшін	4000
Зейнеткерлер үшін	2200
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2300
Жалпы жеке жазылу	2500

Электронды форматтағы жазылу:

Жазылушылар	6 айға
Заңды тұлғалар үшін	3600
Зейнеткерлер үшін	1850
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1950
Жалпы жеке жазылу	2000

Баспасөзге жазылу бойынша сұрақтарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
8 (728) 2 40 20 69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Атына заты сай





МИЛЛИОНЕР

Қазақта: "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" деген сөз бар. Миллионердің шаруасын шалқытып, кірісін молайтуға тағы бір себеп болған нәрсе – қоғам қайраткері Серік Үмбетов облыс әкімі болып тұрған тұста Талдықорған қаласында ашылған қымызханалар. Осы бастама атакәсіпті өркендетем деген талай жанның бағын ашты.

Талдықорған қаласының іргесіндегі Мойнақ ауылында атакәсіпті өркендетіп, төрт түліктен нәсіп тапқан, қымыз сапырып, шұбат ашытып, май шайқап, құрт-ірімшік кептіріп, көпке үлгі болып жүрген Миллионер атты азамат тұрады. Бұл атауды алғаш естігендер оның қаржысының көптігіне байланысты қойылған бүркеншік есім деп ойлап қалатыны анық. Бірақ оның аты шынымен Миллионер. Жекебас куәлігінде Миллонер Қажекенұлы деп жазылыпты. Ырымшыл халықпыз ғой. Өткен ғасырдың екінші жартысынан бері тілдік қорымызға енген осы бір атауды туған кезде кіндігін кескен акушер қыз қойған екен. Сол Миллионер деген қара домалақ бала адал еңбегінің арқасында ешкімге алақан жаймай-ақ нағыз миллионерге айналды. "Еңбектің наны тәтті" деген нақыл осындайға қаратылса керек.

Қажет АНДАС

Миллионер тәуелсіздіктің алғашқы елең-алаң шағында атажұртқа Моңғолияның Баян-Өлгей аймағынан көшіп келіпті.

– Біз 1991 жылы атажұртқа көшіп келдік. Ол кезде бүгінгідей көлік көп емес, барам деген жеріңе қиналмай жететін жағдай жоқ. Сондықтан құжаттарымыз бен керекті заттарымызды ғана арқалап, балаларымызды ертіп, елге жеттік. Басында бәрі оңай болған жоқ. Қоныстанған жеріміздің ауасы жақпай бір көшсек, жұмыс бабымен де, мал шаруашылығына қолайлы-қолайсыздығына қарай да біраз жердің дәмін таттық. Ақыры осы Талдықорған қаласының Мойнақ ауылы құтты қоныс болды. 2000 жылы осы ауылға көшіп келгеннен кейін тіршілік қамына бірден кірісіп кеттік. Мал шаруашылығы қазақтың атакәсібі емес пе? Біз де сол кәсіптен нәсіп тапсақ деген ойға келдік. Бала күннен жүйрік мініп, ірі және ұсақ малдың сырына қанығып өскендіктен бұл кәсіп бізге қиын болған жоқ. Алдымен жиған-терген қаржымызға екі бие сатып алып, қымыз ашытып, тұтынушыларға саттық. Тұрмыстан артылған қаражатымызды жинап, жылқының басын көбейтіп отырдық. Мал басы артқан сайын біз дайындаған қымызға деген сұраныс та көбейе түсті, – дейді дәулетті азамат.

Қазақта: "Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын" деген сөз бар. Миллионердің шаруасын шалқытып, кірісін молайтуға тағы бір себеп болған нәрсе – қоғам қайраткері Серік Үмбетов облыс әкімі болып тұрған тұста Талдықорған қаласында ашылған қымызханалар. Осы бастама атакәсіпті өркендетем деген талай жанның бағын ашты. Сол қатарға Миллионер ағаны да қосуға болады.

– 2007 жылы Талдықорған қаласында қаз-қатар киіз үйлер тігіліп, қымызханалар ашылып, жұрттың ұлттық тағамға деген қызығушылығын оятты. Сол тұста біздің де жұмыс салмағымыз ауырлады. Күн сайын қаладағы қымызханалардың сұранысын қамтамасыз ету оңай болған жоқ. Оның үстіне қала маңында түйе ұстағандар болмағандықтан шұбатқа деген сұраныс көп болды. Сонымен екі түйе сатып алып, шұбат өндіре бастадық. Біз қымыз бен шұбатты көбінше Талдықорған орталық стадионының алдынан ашылған Текелі қаласының қымызханасына сатып, тұтынушыларға жеткіздік, – дейді Миллионер ағамыздың зайыбы Майра тәтеміз.

Бүгінгі таңда сол жылдардағы 3 бие өсіп, 70 бастан асса, екі түйе 30 басқа жетіпті. 40 шақты ірі қарасы мен ет өнімдерін өндіруге арналған ұсақ малдың саны да көбейген. Қымыз бен шұбаттың литрін 700 теңгеден, құрт, ірімшік, сары майды базарда-ғы бағадан 30-40 пайыз арзан бағада сатып отыр. 87078283603 нөмірі бойынша тапсырыс бергендерге тегін жеткізіп береді. Ал күн сайын Мойнақ ауылындағы үйіне келіп, жаңа сауылған саумалдан ішіп, ем алатын, қымыз бен шұбатты сатып алып кететін тұтынушылардың қатары көп. Әрине, жетістікті цифрмен көрсете салу оңай болғанымен оны осылай еселеудің өзі оңайлықпен жүзеге аспайтынын әркім бағамдай алады. Алайда бұл шаруаға ағаның отбасы түгелімен атсалысады.

Миллионер ағаның үш ұл, екі қызы және жеті немересі бар. Екі ұлы әкелерімен бірге шаруашылықтың тізгінін ұстап жүр. Жиған-терген қаржысымен Қаратал өзенінің бойынан мал бағуға ыңғайлы 50 гектар жерді жекеменшікке сатып алып, сол маңға үй, айналдыра қора салып, айналасын абаттандырып, тіршілік тынысына айналдырыпты. Қосымша жалға алған 500 гектарға жуық жайылымдық жері бар. Қысқасы, жылқылар мен түйелер, ірі және ұсақ малдар жайылымнан тарықпайды. Бірақ шабындық жері болмағандықтан мал азығын басқа қожалықтардан сатып алады.

– Осы деңгейге өз еңбегіммен жеттім. Ешкімге алақан жайып, сұранып көрген жоқпын. Табыстың көбі мал азығына кетеді. Егер өзімізге тиесілі шабындық, мал азығын өсіретін шаруашылық жеріміз болғанда мал басын мұнан да көбейтер едік, – дейді Миллионер.

Қазір мал және егін шаруашылығымен шұғылданатын шаруа қожалықтарына мемлекет тарапынан түрлі қолдау көрсетіліп келеді. Осы күнге дейін бірде-бір мемлекеттік қолдауға қол созбаған Миллионер сияқты еңбекқор азаматтарға қолдау көрсеткен жөн шығар. Сондай-ақ, Миллионер өткен жылғы пандемиялық жағдайда көптеген адамға тегін қымыз, шұбат таратып, жомарттық танытқан. Биыл көрші аудандардағы емханаларға апта, ай сайын тегін қымыз, шұбат жеткізіп, ем алып жатқандарға көмектесуді қолға алыпты. Өз еңбегімен отбасын асырап, оның үстіне басқаларға да қол ұшын беріп жүрген Миллионердің ісі көпке үлгі болатын-ақ дүние.

ҚАРЕКЕТ ТҰБІ – БЕРЕКЕТ

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар...



ӘР УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫП ҚАЛУҒА ТЫРЫСҚАН АУЫЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕКТЕРІ ЕРІКСІЗ НАЗАР АУДАРТТЫ. АРАСЫНДА ҮЛКЕНІНІҢ ТАПСЫРМАНЫ ҮСТЕМЕЛЕП ЖАТҚАНЫН ҚҰЛАҒЫМ ШАЛЫП ҚАЛДЫ. ЕҢБЕКТІҢ КӨРІГІ ҚЫЗЫП ЖАТҚАН ЖАҚҚА НАЗАР САЛСАМ, ҚАЛЫПТАН ШЫҚҚАН КІРПІШТЕРДІ ЖИНАСТЫРЫП ЖҮРГЕН ЖАСТАР ЕКЕН. ЖАНДАРЫНА ТАЯП, СӘЛЕМ БЕРІП, ӘҢГІМЕГЕ ТАРТТЫМ.

Ұлбосын ИСАБЕК

Сонау Райымбек ауданынан келіп, атшаптырым ауланы жалға алып, жаңа жұмыс бастап жатқанын айтқан еңбекқор азаматтар өздерін таныстыруды ұмытпады. Үлкені кішісін құрметтеп, кішісі үлкенін тыңдап ауызбіршілікте еңбек етіп жатқандардың «басшысы» жасы 25-тегі Дидар Тұрсынбай екен. Оның қолғанаттары ағайынды Қанат, Ақжол Шағалақ пен Қанат Сәдуақасов деген нағыз еңбектің көнторылары іспетті.

– Жазғы маусымда құрылыс жұмыстары қарқын алатыны анық. Осыны ескеріп, уақытты ұтымды пайдалану үшін ағайындас інілеріммен ақылдаса кеп, осы тірлікті бастап жатырмыз. Жалдың құны арзан емес. Соған қарамастан шығынды жауып, оның үстінен өз нәпақамызды табуға бар күшімізді салудамыз. «Қарекет түбі – берекет» деген ғой, еңбектенгеннің еңбегі еш кетпейді. Тек ісімізді заңсыздыққа теліп, бізге «таяқ» тиіп жүрмесін, – деген Дидар Тұрсынбайдың сөз төркінін түсіндім.

– Енді неге көлеңкелі бизнес жасап жүрсіңдер? Заңды кәсіп ашпайсыңдар ма? – деген сауалыма:

– Біз бұл бастамамыздың қолдан келеркелмесін нақтылап алуды жөн көрудеміз. Бұған дейін табылған әртүрлі жұмыстың басын бір шалдық. Карантиннен көп жерде жұмысқа алмайды. Одан соң үлкен іс бастау үшін қомақты қаражат керек. Осыдан тапқан тиынымызды құрап, қамданып барып, ісімізді заңдастыруға әрекет жасаймыз, – деген Дидардың сөзіне иландық.

Жасыратыны жоқ, екі қолға бір күрек таппай, ауыл мен қаланың арасында босқа жүретіндер жоқ емес. Менің сүйінгенім, еңбекке епті жастардың өз алдына әрекет жасап, сапалы кірпіш құйып жатқаны болды. Кірпіш өндірушілер өнімге керек шикізаттың сапасы және жасалу технологиясының басты назарда болатындығын тілге тиек етті. Олармен әңгімелескен азғантай уақытта кірпіштерін сұраушылар да кездесті. Яғни, өнімге сұраныс бары байқалады. Үй тұрғызуға, қора-қопсы, монша, тіпті, ауланы қоршауға қолданылатын бұл сплитерлік кірпіштерге жылдың қай маусымында да сұраныс артпаса, кемімесі анық. Соны түсінген жастар өздерінің қаражатына кірпіш құятын станокты сатып алып, сапалы өнім өндіруге білек сыбана кірісіп кеткен. Күніге мың данаға дейін дайын болатын кірпіш те тапсырысқа қарай өтетін көрінеді.

– Алматыдағы №13 колледжді аспаз мамандығы бойынша бітіріп, әскерге барып, келдім. Ендігі мақсатым – осы істі кеңейтіп, елге пайдам тиер кәсіпкер болуды армандаймын, – дейді қимылы ширақ Қанат Шағалақ.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, дайын дүниені алып-сатқаннан гөрі өздері әрекет етіп, құрылысқа таптырмас өнім шығарып, шағын болса да істің көзін табуға талпынған, өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуге жараған жастарға кедергісіз қолдау көрсетілсе құбақұп. Ал, мұндай бастамаларды қолдап, оны жүзеге асыруда мемлекет тарапынан арнайы бағдарламалар барын құлағдар етуді ұмытпадым. Сөзі мен ісі үйлескен жастардан келешекте өз ісінің нағыз шеберлері шығарына сенімім мол.

Талғар ауданы

ЖАЙДАРМАН

Су тапшылығы жойылады

ҚАРАСАЙ АУДАНЫНДА ХАЛЫҚТЫ АУЫЗСУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІНЕ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗ БЕРІЛІП КЕЛЕДІ. ҚАСКЕЛЕҢ СУ ТОПТАМАСЫ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАННАН КЕЙІН АЛАТАУДЫҢ ЕТЕГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН АУЫЛДАРДЫҢ БАСЫМ КӨПШІЛІГІ СУ ТАПШЫЛЫҒЫНАН АРЫЛАТЫНЫ ЖАЙЛЫ АЙТҚАН БОЛАТЫНБЫЗ.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Осы жүйеден тысқары қалған Бірінші май ауылдық округіне қарасты үш ауылды сумен қамтамасыз ету мәселесі де биыл толықтай шешіледі деп күтілуде.

– Бірінші май ауылдық округінде Бекболат, Қайнар және Сауыншы елді мекендері орналасқан, – дейді округ әкімі Елдос Мұқатаев. – Кешеге дейін ауыл халқы су тапшылығын тартып келген. Бұл өз кезегінде тұрғындардың тұрмысын ауырлататыны ақиқат. Сол себепті, аудан әкімі Жандарбек Далабаевтың қолдауының нәтижесінде екі бірдей резервуар салу жұмысы қолға алынды. Былтыр жазда басталған құрылыс бүгіндері толық аяқталып, қазір құбырларды тексеру, сынақтан өткізу және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілізін жатыр. Аталған шаралар аяқталғаннан кейін ауылдарға су толыққанды жіберілетін болады.

Мұның сыртында елді мекендерде кәріз жүйесін салу мәселесі де шешілмей келген еді. Өткен жылы басталған жұмыстың нәтижесінде 11 шақырымдық кәріз жүйесі қалпына келтіріліп, алдағы уақытта пайдалануға берілмек. Тұрғындар 100 пайыз көгілдір отынмен қамтамасыз етілген. Демек, ауыл халқы да қалалық өркениеттің жемісін толықтай татады деуге болады.

Біз Қайнар ауылының жоғарғы жағында, тау бөктерінде бой көтерген жаңа су резервуарының жұмысымен таныстық. Құрылыс жұмыстарын атқарған «Қарасайқұрылыс» ЖШС-нің учаске басшысы Жанат Құлболдинов құны 224 млн. теңгеге жобаланған Қайнар ауылын сумен қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіру және салу шаралары толықтай аяқталып, бүгіндері сыйымдылығы 1000 текше метр болатын екі резервуарға су толтырылып жатқанын жеткізді. Сонымен қатар, ауыл ішінде ұзындығы 10,8 шақырым болатын су құбыры, құбыр бойындағы 126 құдық пен апатты жағдайда суды бекітетін сырмалар салынған екен. Демек, биылғы жылы аталған елді мекендердің тұрғындары су тапшылығынан толықтай арылады деуге негіз бар.

Қарасай ауданы

Дөңгеленген дүние



МҰЗ ЖЫЛДАМ ЕРІП БАРАДЫ

Жаһандық жылынуға қатысты жағдай қауіпті болып тұр. Лондон университеттік колледжінің ғалымдары осылай деп отыр.

Айтуларынша, Арктикадағы мұз бұған дейінгі есептеулерден 2 есе жылдам еріп бара жатқан көрінеді. Мамандар бұл жолы өлшеудің жетілдірілген технологиясын қолданған. Ғалымдар «бәріне жаһандық жылыну себеп» дейді. Себебі қар бұрынғыдан аз жауатын болған. Тиісінше, мұз да жылдам ери бастаса керек. Робби Маллетт, Лондон университеттік колледжінің өкілі:

— Мұздың қалыңдау болғаны дұрыс. Өйткені, ол мұхитты күн сәулесінен қорғайды. Яғни, мұз тез еріген сайын мұхит суы да жылдамырақ жылынады деген сөз.



ЕҢ КӨНЕ ДОП

Доп ойындары көптеген елде мыңдаған жыл бойы танымал болған. Ойын ережелері барлық жерде әртүрлі, яғни бір жерде допты дененің барлық мүшелерімен, бір жерде қолмен, бір жерде аяқпен ұстауға рұқсат етілген.

Доп ойындары Британ аралдарының аумағында жиі болған. Онда тұратын қарапайым халық та, ауқатты адамдар да доп ойнағанды ұнатқан. Бұл мысалға Шотландиядағы Стерлинг қамалының бір бөлмесінен табылған ескі доп дәлел. Стерлинг сарайы ежелден Шотландия корольдері мен патшайымдарының тәж киетін және тұратын орны. Қамалды қалпына келтіру кезінде екі шатырдың арасынан ескі доп табылған. Болжам бойынша біреу оны қатты соққымен теуіп, доп шатыр арасына қыстырылып қалған. Доп шамамен 470 жыл бұрын жасалған және ол ең көне доп саналып отыр.



ҰШАТЫН ҚАЙЫҚ

Венецияның тарихи ғимараттарына моторлы су көліктері қауіп төндіруде. Мәселен, уақыт өте келе аймақтағы каналдар зақымдала бастағаны байқалды. «Бұл өз кезегінде құрылыстардың қирауына әкеп соғуы мүмкін», — дейді сарапшылар.

Өңірдегі ушыққан мәселені швед өнертапқыштары шешпек ниетте. Мамандар су астында жүзу қанаттары бар қайықты ойлап шығарған. Олар арқылы жүзу кезінде қайықтың корпусы су деңгейінен көтеріліп қозғалады. Нәтижесінде көлік судың үстімен ұшып бара жатқандай көрінеді. Есесіне инфрақұрылымға зиян тигізетін қатты толқындар да пайда болмайды. «Дрондар мен смартфондардағыдай датчиктерді пайдаланамыз. Қайықты осыдан 25 жыл бұрын шығарсақ, оның құны ондаған миллион тұрар еді. Қазір олар қолжетімді. Көлігіміз өте ыңғайлы әрі шаһар ғимараттарына қауіпсіз», — деді компания өкілі Микаэль Мальберг.



ҚОҚЫСТАН ЖАСАЛҒАН МҮСІНДЕР

Үлкен жетілік елдерінің саммиті өтетін Ұлыбританияда аталған 7 мемлекет басшыларының қоқыстан жасалған мүсіні орнатылды. Ескерткіш электронды бұйымдардың қалдықтарынан дайындалған.

Осылайша авторлар әлемдегі экономикасы озық ел басшыларының назарын қайта өңдеу мәселесіне аударғысы келеді. Суретшілер мүсінді жасауға түрлі техниканың 20 мыңдай бөлшегі жұмсалғанын айтады. Бірікken Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша әлемде жыл сайын 53 миллион электронды қоқыс тасталады. Сарапшылар 2050 жылға қарай аталған қалдық саны 2 есе артатынын ескертеді. «Үлкен жетілік» елдерінің басшылары мәселені бір-біріне сілтей бермей, өзара ашық сөйлесіп, қоқыс заттарды қайта өңдеуге арналған бірегей жоба жасаса деймін. Электронды заттарды кейін керексіз қалдыққа айналатындай көп көлемде шығарудың еш қажеті жоқ. Бұл мәселелерді әр ел жеке емес, ғаламдық ауқымда шешу керек», — дейді суретші Джо Раш.

ПРЕСС-ТУР

КӨЛ ҚАСИЕТІН СЕЗІНІП ҚАЙТТЫ

Суы шипалы Алакөлдің шомылу маусымы ашылып, еліміздің барлық өңірінен келген туристер демалыс аймағының көркін киргізіп жатыр. Осыған орай облыстық ішкі саясат басқармасына қарасты «Jetisý Media» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мамандары арнайы пресс-тур ұйымдастырып, шегараның шетінде, желдің өтінде жатқан ауданның тыныс-тіршілігін таныстырды.

Мади АЛЖАНБАЙ

Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларындағы және Алматы облысындағы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан жиын Алакөл ауданының әкімі Алмас Әбдиновтың брифингімен басталды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері мен ауылшаруашылық, туризм сынды салалардағы табысын таныстырған аудан әкімі журналистер қойған сұрақтарға жауап беріп, көпшіліктің көңілін күпті еткен мәселелерді тарқатып берді. Оның айтуынша, халықтың игілігі үшін жолдар жасалып, Талдықорған – Өскемен күрежолының Алакөл ауданына қарасты бөлігі жаңадан салынып жатыр. Сонымен қатар, Үшарал – Достық автожолы жаңартылып, жол белдеуін кеңейту, ескі асфальт жамылғысын қыру, айналма жол салу сынды жұмыстар жүргізілуде.

Суы шипа Алакөлге демалу үшін келетін халыққа көл жағасында 264 демалыс орны қызмет көрсетіп, аудан туризмінің қарыштап қарқын алуына септігін тигізуде. Осыдан екі жыл бұрын Алакөлдің әсемдігін көрмекке 1,5 миллионға жуық турист келсе, былтыр пандемиялық ахуалға байланысты айдында көлде 798 мың турист демалыпты. Ал, биыл 1 миллион адамға құны 5 миллиард 270 миллион теңгенің сауықтыру қызметін көрсету жоспарланып отыр. Осыған орай ауданда экотуризмге баса көңіл бөлініп, Лепсі ауылдық округінде 25 адамға арналған демалыс аймағы іске қосылды. Онда туристер «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркін қамтитын 6 маршрутпен тұмса табиғатты тамашалай алады.

Аудан әкімінің айтуынша, туристерге қолайлы жағдай жасау мақсатында демалыс аймақтары орталықтандырылған ауызсу, кәріз жүйелерімен және жолмен қамтамасыз етілуде. Көл жағалауының 13,5 шақырымына бекіту жұмыстары жүргізіліп, келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қолға алынуда. Үшарал қаласында ашылған жаңа әуежайда қалааралық байланыс орнатылғанын, баламалы қуат көзі ретінде жел диірмендері салынатынын жеткізген аудан әкімі Алмас Әбдинов айдынды көлдің экологиялық ахуалын жақсарту жұмыстары назардан тыс қалмайтынын атап өтті.

Осы күні Ақши ауылындағы демалыс орындарының жұмысымен танысқан тілшілер қауымы Гүлмира Сарбасова, Маржан Бахтиярқызы, Нұрбек Бекбау, Әділет Рахметолла, Махаббат Есен, Ержан Сейітғазинов, Нұрлан Келшінбаев сияқты журналистер мен блогерлердің семинарына қатысып, бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты жаңаша пайым, жаңа қадамдармен танысты.

Спикерлердің айтуынша, газет-журналдар мен телерадиолар ең алдымен сараптамалық бағытта жұмыс істеп, тақырыптың түйіні мен мәселенің пайдасын түсіндіру арқылы оқырман мен көрерменнің жүрегіне жол табады.

Қазіргідей ақпараттық тасқын белең алған тұста көптеген мерзімді баспасөз құралдарының оқырманынан айырылып отырғанын тілге тиек еткен спикерлер газет-журналдар нарықтық экономика талаптарына сәйкес бірлесе, қауымдаса қызмет атқаруы керектігін алға тартып, бүгінгі күннің өзекті мәселесі – жазылушыларды қызықтырудың жолдарын қарастырды. Оған интернет сайт пен әлеуметтік желілерде парақшалар ашудың тиімділігі нақты мысал ретінде ұсынылды. Өйткені, қазіргі адамдардың бойында көргенін, естігенін ғана бойына сіңіру үдерісі қалыптасып қалған. Бұл оқу, ой қорыту, түйін жасау, жақсысы мен жаманын айыру сынды қасиеттерді ығыстырып, адам санасын шолақ ойлауға үйретіп жатыр. Осындай нәрселерді дұрыс ұғынғанда ғана халықтың жаппай оқуға деген құштарлығы артады.

Одан бөлек, мобильді телефонға бейнеролик, фото түсірудің жолдары, тәсілі, тиімділігі мен пайдасы әңгімеленген семинарлар журналистер қауымы үшін таптырмас қазынадай әсер қалдырды. Себебі, білетініңді жаңғыртта еске алу, білмегеніңді ұғыну әрбір маманға керек.

Екі күнге созылған пресс-турға қатысушылар Алакөл суының шипалылығы мен сергіткіш қасиетін де сезініп қайтты.

(Соңы. Басы 1-бетте).

НАҚТЫ ЖАУАП БЕРІЛДІ

Жаңа бизнес жобаларын іске асыру үшін 854,7 млн.теңгеге *(РБ – 411,3 млн. теңге)* 1465 грант беру көзделуде. Ағымдағы жылдың маусым айының 1-іне 784 адамға 457,4 млн. теңгеге грант берілген. Одан бөлек, жастар тәжірибесіне 638 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 1146 адам, қоғамдық жұмыстарға 12856 адам, алғашқы жұмыс орындарына 67 адам, ұрпақтар келісімшартына 28 адам жолданған.

Баяндамашы, сондай-ақ, мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспардың Алматы облысында жүзеге асу барысы туралы да хабарлады. Оның сөзіне сүйенсек, ағымдағы жылға 258 нысанға бейімделу жұмыстарын жүргізу жоспарланып, мәслихат отырысында әлеуметтік және көлік инфрақұрылымын бірінші кезекте 145 нысанға бейімдеу қажеттілігі көрсетіліп (көру, есту, арбадағы мүгедектер) 141,4 млн. теңге бөлінді. Сонымен қатар, министрліктен мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсету шараларын жетілдіру және мүмкіндігі шектеулі адамдарға ұйымдардың қолжетімділігі бойынша ақпараттандыру бөлігінде әлеуметтік-еңбек саласындағы жаңа цифрлық технологияларды енгізу және дамыту есебінен халықтың өмір сапасын жақсарту үшін «www.inva.gov.kz» порталы әзірленді. Қазіргі уақытта «www.inva.gov.kz» порталына денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, мемлекеттік органдар, сауда, қызмет көрсету және т.б. объектілері енгізілді. Бекітілген аймақтық бейімдеу картасы аясында интернет-порталға 2411 паспортталған нысан енгізіліп, жоспар 100 пайызға орындалған.

Комиссия отырысының күн тәртібіндегі қалған мәселелер бойынша облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Марлен Көлбаев хабарлама жасады. Ол 20 мәдениет нысанының күрделі жөндеу жұмыстарына 4,7 млрд. теңге, 27 нысанның ағымдағы жөндеу жұмыстарына жергілікті бюджеттен 439,4 млн. теңге бөлінгенін айтты.

– Ағымдағы жылы «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы шеңберінде 4519,3 млн. теңге бөлінді. Оның ішінде 12 нысанның күрделі жөндеуіне 4 029,8 млн. теңге, 2 ғимараттың қайта құрылыс жұмыстарына 489,6 млн. теңге қарастырылған. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 4 Мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстарына 534,9 млн. теңге бөлінген. Алматы облысы мемлекеттік архивінің Алакөл филиалына жергілікті жерден 44 млн. теңгеге 2 қабаттан тұратын ғимарат сатып алынды. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға 473,5 мың теңге бөлінді. Облыстық халық шығармашылығы орталығына, Сүйінбай атындағы облыстық филармониясына, Б. Римова атындағы драма театрына 118,5 млн. теңгеге ЛЭД экрандар алынып, облыстық концерттік бірлестіктерге және аудан өнерпаздарына 93,3 млн. теңгеге сахналық костюмдер тігілді, – деген Марлен Қапашұлы облыстық кітапханаға жаңа кең ғимарат қажеттігін тілге тиек етті. Одан бөлек, М. Тынышпаев атындағы өлкетану мұражайын да басқа нысанға көшіру жағы қарастырылуда.

Облыс әкімінің қолдауымен «100 томдық Жетісу кітапханасы» жобасы бойынша 40 млн. теңге қаржы бөлініп, 18 жергілікті ақын-жазушының кітаптары баспаға ұсынылып, кітап қоры 11 500 мың данаға толықтырылды. Сондай-ақ, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және жекелей демеушілердің қолдауымен «Орақты батыр», «Ақсудан ұшқан аққулар», «Бөрібай батыр», жазушы Әнуар Әлімжановтың және Ұлы Отан соғысына арналған 2 кітап шығарылып, тұсаукесерлері атқарылды.

Комиссия отырысының соңында медициналық сақтандыру, әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігі, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған гранттарға қатысты сауалдар қойылып, толыққанды жауап алынды.

Е. МАРХАБЕККЫЗЫ

КӘСІП

ТІГІН ЦЕХЫН АШТЫ

Ұйғыр ауданы Шонжы ауылының тұрғыны Юлдуз Тұраева мемлекеттік қолдаудың арқасында жеке тігін цехын ашты. 2019 жылы ол кәсіп бастау ниетімен облыстық кәсіпкерлер палатасына жүгініп, кәсіпкерлік негіздері бойынша «Бастау Бизнес» оқыту жобасына жазылды.

Оқу барысында Юлдуз тоқыма бұйымдарын шығару жобасын әзірледі. Нәтижесінде «Жас кәсіпкер» бағдарламасы аясында 500 мың теңге көлемінде грантқа ие болды.


– Жастайымнан тігін ісімен айналысуды армандайтынмын. Басында хобби ретінде қарадым. Үй іші мен туыстарыма тұрмысқа қажетті бұйымдар жасап жүрдім. Осыдан кейін мен бұл хоббиді жеке кәсіпке айналдырмақ болдым. «Атамекеннің» аудандық филиалы тарапынан маған бизнесті ашу және дамыту үшін жан-жақты қолдау көрсетілді. Қазір біз тоқыма өнімдерінің жиырмадан астам түрін шығарамыз. Өнімдер тек біздің ауданда ғана емес, сондай-ақ, көршілес аудан, қалаларда да үлкен сұранысқа ие, – дейді жас кәсіпкер.

Грант қаржысына Юлдуз Тұраева заманауи тігін жабдықтарын сатып алды. Оның айтуынша, өнімдер «Baby comfort» брендімен «Шонжыда жасалған» маркасымен шығарылады. Тігін цехында қазір жеті адам жұмыс істейді. Олар 25 түрлі тоқыма өнімдерін жасайды, оның ішінде, қалындықтың жасауы, жүк көліктеріне қажет перделер, қыздар мен жаңа туған нәрестелерге арналған киімдер, асүй бұйымдары және төсек-орын мен қонақ бөлмеге керекті жиынтықтар, тағы басқалары бар. Осы жылы кәсіпкер өндіріс көлемін арттыру мақсатында қосымша жабдықтар сатып алып, жобаны кеңейтуді жоспарлап отыр.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Ұйғыр ауданы

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



“Nur Otan” партиясы Талдықорған қалалық филиалында Су шаруашылығы қызметкерлері күні қарсаңында осы салада өнімді еңбек етіп, ел игілігін асырып жүрген бір топ қызметкерді марапаттау салтанаты өтті. Оған елордадан арнайы келген Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті “Қазсушар” РМК-ның тариф құру бөлімінің басшысы Айгүл Сұлтанова, “Қазсушар” РМК Алматы филиалының директоры Саят Құдайбергенов және аталған филиалдың кәсіподақ комитетінің төрағасы Нұртас Сабырбаев қатысты. Жиынды Саят Үсенұлы жүргізіп, алғашқы құттықтау сөзді Айгүл Қайратқызына берді.

Қажет АНДАС

– Су – тіршіліктің күретамыры. Сондықтан суды тиімді пайдалану, су қоймалары мен гидротораптарды реттеу, магистральды каналдарды қайта жаңғырту аясында елімізде өте ауқымды жұмыстар атқарылуда. Осы саладағы барлық жұмыстың нәтижелі жүруіне облыс, аудан, ауылдардағы су шаруашылығы қызметкерлері белсене атсалысып келеді. Сондықтан сіздердің мәртебелеріңізді жоғарылату үшін 9 шілде – Су шаруашылығы қызметкерлерінің күні ретінде бекітілгеніне, міне, 3 жыл болды. Бүгінде осы салада ұзақ жылдар елеулі еңбек еткен бір топ жетісулық әріптесімізді марапаттағалы отырмыз. Еңбектеріңіз жемісті болсын, – деді Айгүл Сұлтанова.

– "Қазсушар" РМК Алматы филиалының теңгерімінде Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Көксу, Панфилов, Ұйғыр, Шеңгелді алабы және Талдықорған қаласы қатарлы 9 өндірістік учаске бар. Онда 805 адам жұмыс істейді. Қазіргі уақытта облыста кепілді сумен қамтамасыз ету үшін Ислам Даму банкінің жобасын іске асыру аясында Ақсу және Ескелді аудандарында суармалы жерлерді айналымға тарту үшін суару желілері қайта жаңғыртылуда. Қызылағаш су қоймасы қайта пайдалануға берілсе, “Жұмыспен қамтудың жол картасы” бойынша Қаратал бөгеті, Көксу бөгеті, Өсек өзеніндегі су торабы және Талдықорған қаласының суару каналдары бойынша жаңғырту жұмыстары жүргізілуде, – дейді “Қазсушар” РМК-ның Алматы филиалының директоры Саят Құдайбергенов.

Аталған жетістіктер облыстағы су шаруашылығы саласында қызмет етіп жүргендердің қажырлы еңбегінің нәтижесінде мүмкін болып отыр. Соған орай Алматы филиалының бір топ қызметкері "Су шаруашылығының үздігі", «Су шаруашылығының ардагері», "Еңбек даңқы", "Үздік гидротехник" төсбелгісін, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Құрмет грамотасын алып, мерейлері тасыды. Сол қатарда "Қазсушар" РМК Алматы филиалы Панфилов өндірістік учаскесінің қызметкері Бейбіт Исаев республика бойынша "Үздік гидротехник" номинациясын жеңіп алды.

– 1983 жылдан бері су шаруашылығы саласында еңбек етіп келемін. Панфилов ауданындағы 3130-дан аса шаруа қожалығының 40 мың гектардан астам суармалы жері бар. Қазір су жеткілікті. Бірақ жылдан-жылға су мөлшері азаюда. Осы келеңсіздікті болдырмау үшін Қорғас, Тышқан, Өсек өзендерінен су қоймалары салынса, су тапшылығы болмас еді деген тұрғындардың тілегі бар, – дейді Бейбіт Исаев.

Шара аясында “Қазсушар” РМК-ның Алматы филиалы тарапынан су шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген мамандар арасында ұйымдастырылған байқаудың қорытындысы шығарылып, үздіктерге ақшалай сертификат табысталды.

Дөңгеленген дүние



ҚЫЗЫЛ ҚОҢЫЗ БАСТЫ

Әлеуметтік желілерде Ресей Федерациясының Анапа курорттық қаласында қызыл қоңыздардың қаптап кеткені түсірілген видеожазбалар тарады.

«Қонақүйде, жағажайда жүру мүмкін емес. Барлық жатын орындар бос. Бұл мутацияланған қызыл қоңыздар тәрізді. Олар шағып алады. Барлық жерде жүр. Қолыңды созсаң болды, бірден көресің», – дейді видеодағы жас қыз. Шынымен де, видеода жағажайды жайлап алған қызыл қоңыздардың тым көп екені көрініп тұр. Тағы бір видеода екі ер адамның қызыл қоңыздардан қашып жүргені байқалады. «Мұндайды бұрын көрмеген едім», – дейді кадрдағы ер адам. «Энтомолог мамандардың айтуынша, қызыл қоңыздың теңізге қарай жаппай ұшып келу себептерінің бірі – салқын әрі жаңбырлы жаз мезгілі. Ауа райының қалыпты емес жағдайы жәндіктер миграциясын күшейтеді. Анападағы жаңбырдан кейін келген ыстық күн райы қызыл қоңыздар үшін жайлы орта қалыптастырған», – деп хабарлайды қалалық Anapa.media порталы.



70 ГРАДУС ЫСТЫҚ

Соңғы күндері Кувейттегі ауа температурасы шарықтап көтерілді. Бұл Таяу Шығыс елдері үшін рекордтық көрсеткіш болды.

Көлеңкедегі температура 53,3 градусқа жетсе, ал күннің астында 70 градусқа дейін көтерілді. Жергілікті «Al Rai» газетінің жазуынша, әмірліктегі бұл жаз соңғы 70 жылдағы ең ыстық мезгіл болып тіркелді. Аптапқа байланысты Кувейттің бірнеше аймағының билігі эмират тұрғындарын электр қуатын үнемдеуге, сондай-ақ, үйлер мен кеңселердегі ескі кондиционерлерді ауыстыруға шақырды. Өйткені, олар жергілікті электр қуатына үлкен салмақ түсіріп отыр. Қазіргі таңда Қазақстанда да бірнеше күн бойы аптап ыстық болды. Ауа температурасы бірнеше облыста 40-42 градустан түспеді. Кувейт билігі халықты үйден шықпауға, тек кешкі уақыттарда ғана далада жүруге кеңес берді. Аптап ыстық осылай жалғаса берсе, Кувейт елінде төтенше жағдай жарияланып, электр қуатына шектеулер енгізілуі мүмкін.



ҒАЛЫМДАР ЕСКЕРТУІ

Франция Үкіметіне кеңес беретін денсаулық сақтау саласындағы ғалымдар тобы халықтың 95 пайызын вакциналау керек екенін ескертті.

Француз мамандары COVID-19-дың дельта нұсқасының таралуын тоқтату үшін ел тұрғындарына екпе салу керек деп санайды. «Дельта нұсқасымен байланысты пандемияның төртінші толқыны тез таралып, вакциналаудың қазіргі жоғары деңгейіне қарамастан, денсаулық сақтау жүйесіне шығын келтіруі мүмкін», – деді ғылыми кеңес өкілдері. «Адамдардың 95 пайызы вакцина алмаса немесе инфекция жұқтырған болмаса, пандемияны қадағалай алмай қаламыз», – деп қосты мамандар. Қазіргі кезде Франция тұрғындарының жартысына жуығы вакцинаның бірінші дозасын, 40 пайызы екінші дозасын алған. Республика Үкіметі осы жылдың тамыз айының аяғына дейін Франция халқының үштен екісін – 35 миллион тұрғынды толық қорғауды қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.



КАСПИЙДЕГІ ЖАРЫЛЫС

Каспий теңізінің Әзербайжан бөлігінде жарылыс болды. Бұл туралы «Қазақпарат» «Trend» агенттігіне сілтеме жасап хабарлады.

Каспий теңізіндегі жарылысқа байланысты Әзербайжанның Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен Сейсмологиялық қызметтің республикалық орталығы тарапынан тексеру жүргізілді. Ресми органның хабарлауынша, жарылысқа жанартаудың атқылауы себеп болуы мүмкін деген ақпарат тараған еді. Болжам рас болып шықты. «Тікұшақтар барлау ұшуларын өткізді. Нәтижесінде, Сальян ауданы бағытына қарай жағалаудан шамамен 30 шақырым жердегі тасты аралда лайлы жанартаудың атқылау фактісі анықталды. Қазіргі кезде жанартау төбесінде аздаған өрт белгілері байқалып отыр. Жанартау теңіздегі мұнайгаз инфрақұрылымы мен басқа нысандарға, сондай-ақ адам өміріне қауіп төндіріп тұрған жоқ», – делінген Әзербайжан Төтенше жағдайлар министрлігі мәлімдемесінде.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№81
(18933)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Seısenbi,
27 shilde,
2021 jyl

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@#Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ИНВЕСТИЦИЯ

Қапшағай қаласында толық қуатына енген кезде жылына 10000 тонна баррамунди балығын өсіретін «Оспанова девелопмент» балық өнеркәсібі кешенінің іргетасы қаланды. Салтанатты шараға ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ, Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВ, жобаның бастамашысы «Оспанова девелопмент» ЖШС құрылтайшысы Александр БЕЛОВИЧТАР қатысты. Олар кешеннің алғашқы іргетасын қалап, экономикалық әлеуеті, экологиялық тиімділігімен танысып шықты.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

БАЛЫҚ ӨСІРЕТІН БІРЕГЕЙ КЕШЕН

Қажет АНДАС

Айта кетерлігі, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы Қазақстан халқына Жолдауында балық шаруашылығын дамыту қажеттігін алға тартып, тұрғындардың балық өнімін тұтыну мөлшерін арттырудың жаңа жобаларын жүзеге асыруды тапсырған еді. Осыған байланысты Үкімет балық шаруашылығын дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасын бекітті. Онда 2030 жылға қарай жылына 270 мың тонна балық өсіру көзделген. Сонымен қатар, балық саласын субсидиялау түріндегі мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шаралары кеңейтіліп, балық өсірудегі ілеспе бағыттарды дамыту үшін жағдайлар жасалды.

– Балық өсіру көлемін ұлғайту балық өсіру үшін жарамды су айдындарын пайдалану және жаңа индустриялық балық өсіру шаруашылықтарын салу есебінен жоспарланып отыр, – деді ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев өз сөзінде.

Министр атап өткендей, индустриялық балық өсіру шаруашылықтары бағдарламада белгіленген балық өсіру көлеміне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Өйткені олардың жобалық қуаты айтарлықтай мол. Сонымен қатар, табиғи-климаттық жағдайларға қарамастан кез келген аймақта өндіріс ашуға болады. Оның үстіне, мұндай индустриялық шаруашылықтар су үнемдеу технологияларын пайдаланады. Осы жобаны іске асыру балықтардың экзотикалық түрлерінің импортын алмастыруға және сонымен бір мезгілде экспорт көлемін ұлғайтуға ықпал ететін болады. Тұтастай алғанда, жоба балық шаруашылығын дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасын ойдағыдай орындауға ықпал етпек.

Іргетасы жаңадан қаланған, индустриялық балық өсіру шаруашылықтары санатына кіретін «Оспанова девелопмент» кешені Қапшағай өңіріндегі «Арна» индустриалды аймағына орналасқан. Жобаны жүзеге асыруға шамамен 67 млрд. теңге инвестиция салу жоспарланған және 300 жұмыс орны құрылмақ.

Айта кетерлігі, бүгінде облыстағы «Талдықорған», «Береке», «Арна», «Боралдай», «Қазыбек бек», "Қайрат-6" индустриалды аймақтарында ірі жобалар жүзеге асырылып, ел игілігін есепеп жатқанынан жұрт хабардар. Соның бірі – жалпы аумағы 1300, оның ішінде өндірістік аумағы 810 гектарды құрайтын "Арна" индустриалды аймағы. Аталған аймақта 2021-2025 жылдар аралығында құны 200 млрд. теңгені құрайтын 7 үлкен инвестициялық жоба жүзеге асып, 4500 жұмыс орны құрылады деп жоспарланған.

– "Арна" индустриалды аймағы 2006 жылы құрылды. Әу бастағы негізгі мақсаты – Алматы қаласындағы ірі кәсіпорындарды осы аймаққа тартып, өндірістік әлеуетті өрлету болатын. Алайда ол кезде бұл жерге инженерлік желілер толықтай тартылмаған соң инвесторлар аса назар аудармады. Кейінгі жылдары біз "Арна" индустриалды аймағының инженерлік желілерін жаңғыртып, темір-жол тартып, жол салып, электр желілерін жаңартқаннан кейін өңір экономикасын өркендетуге арналған бұл индустриалдық аймаққа инвесторлардың қызығушылығы арта түсті. Қазір бірталай ірі жоба атқарылуда. Алдағы уақытта фармацевтикалық өнімдер мен жартылай фабрикаттар шығаратын бірқатар кәсіпорын ашу жоспарда тұр, – деді облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ журналистерге берген сұхбатында.

Жаңадан құрылыс жұмысы басталған «Оспанова девелопмент» балық өнеркәсібі кешені облыс әкімі атап кеткен ірі инвестициялық жобалардың қатарын толықтырады. Әрине, еліміз балық ресурсына өте бай. Егер дұрыс пайдалана білсек, экономикалық даму үдерісінде балық шаруашылығы ерекше рөл атқарады. Статистикаға сүйенсек, жыл сайын шамамен 60 миллион долларға алыс-жақын жердегі 36 елге 30 мың тонна балық өнімдерін экспорттайды екенбіз. Ал аталған балық өнеркәсібі кешені толық қуатына енген кезде балық өнімдерінің импорты азайып, экспорттық әлеует арта түспек.

Қапшағай қаласы

БРИФИНГ

САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҚТЫ

«Jetisý media» ақпараттық алаңында аймақтағы ауылдық округ әкімдерін сайлаудың қорытындысына арналған брифинг өтіп, облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Қаһарман ЖАҚСЫЛЫҚ толыққанды ақпаратпен бөлісті.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

25 шілдеде облыстың 16 аудан мен 1 қаласында жалпы 71 ауылдық округ әкімінің сайлауына дауыс беру таңғы сағат 7.00-де басталып, сағат 20.00-де аяқталды. Сайлаушылар Еңбекшіқазақта 10, Ақсуда 9, Алакөлде 8, Балқаш, Үйғырда 6, Кегенде 5, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Талғарда 4, Сарқанда 3, Жамбыл, Қараталда 2, Ескелді, Іле, Қарасай аудандары мен Текелі қаласында 1 округтың әкімдеріне дауыс берді. Округ әкімдерін сайлауға үміткерлердің 856 сенім білдірілген адамдары, 596 түрлі деңгейдегі байқаушылар, сондай-ақ, 50-ден астам БАҚ өкілдері қатысты. Сайлауды жарамсыз деп тану немесе қайта сайлау өткізу бойынша дерек тіркелмеді.

Ақсу ауданының Жансүгіров, Қаракөз, Ойтоған, Молалы ауылдық округтеріне, Алакөл ауданының Теректі ауылдық округіне, Кеген ауданының Бөлексаз ауылдық округіне, Кербұлақ ауданының Басши ауылдық округіне, Панфилов ауданының Үлкен ауылдық округіне кандидаттар тек өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылды. Үміткерлердің ең көп саны – 6, ол Талғар ауданы Бесқайнар ауылдық округінде тіркелді.

– Сайлаушылар тізіміне 221 952 азамат енгізілді, олардың 149 888-і немесе 67,5 пайызы дауыс беруге қатысты. Сайланған 71 әкімнің 53-і мемлекеттік қызметші. Оның ішінде 39-ы жұмыс жасап жатқан әкімдер, 7-еуі коммерциялық құрылымдардың өкілдері, 9-ы бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, 2-еуі уақытша жұмыс істемейтіндер. 2 әкім – әйел, Ақсу ауданы Ойтоған ауылдық округіне Венера Берикова, Сарқан ауданы Аманбөктер ауылдық округіне Шырынгүл Нұрханова сайланды, – деген Қаһарман Еркінайұлы әкімдердің 11-і (15%) экономист, 10-ы (14%) заңгер және т. б. мамандық иелері екенін айтты.

Сайланғандардың орташа жасы 46,2 жас. Бұл ретте ең жасы 25-те. Ол – Қарасай ауданының Елтай ауылдық округінен Біржан Махатов, ең үлкені Еңбекшіқазақ ауданының Балтабай ауылдық округінен 62 жастағы Жұман Мықыбаев. Әкімдердің 64-і қазақ, 5-еуі ұйғыр, 1-еуі украин, 1-еуі кәріс ұлтынан. Сайланған 40 әкім сайлау өткен ауылдық округте, 30-ы ауданда, 1-еуі облыс орталығында тұрады. Сайланған әкімдердің 59-ын саяси партиялар ұсынды: «Nur Otan» партиясы 57, «Ауыл» ХДП 3, 11-і өзін-өзі ұсынған. Алакөл ауданы Жағатал ауылдық округінде Қайрат Тұрлыбеков дауыс санының 100 пайызын жинады.

ҚАЙДАРМАН



Жүзге толған ЖУРНАЛИСТ

Алматы қаласындағы Достық үйінде ардагер журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Ханымбүбі АҚЖОЛОВАНЫҢ 100 жасқа толуына байланысты өзгеше салтанат ұйымдастырылды. Жиын беташарында Президентіміз Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ мерейтой иесіне Алғыс хатын Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида БАЛАЕВА табыстады.

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ

«Сіз ғибратты ғұмыр жолыңыздың бүгінгі бір ғасырлық белесіне үлкенге де, жасқа да үлгі болатын адами биік болмысыңызбен жетіп отырсыз. Отандық баспасөз саласында көп жыл қажырлы қызмет етіп, еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға орасан зор еңбек сіңірдіңіз. Ел игілігі үшін атқарған жемісті жұмысыңыз үшін Сізге алғысымды білдіріп, 100 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Денің ізге саулық, әулетіңізге амандық тілеймін», – делінген Алғыс хатта.

Баспасөз ардагеріне ақ тілегін ақтарған Аида Ғалымқызы өз сөзінде: *«Сіз бүкіл саналы ғұмырыңызды қазақ журналистикасының дамуына арнадыңыз. Сондықтан өзіңіздің төл салаңыз – баспасөз заманымен бірге өсіп-өркендеп, өз орнын жоғалтпай келеді. Мұның өзі, ең алдымен, өзіңіздей ардагер журналистер салған сара жолдың жемісті жалғасы екені даусыз. Сондықтан бүгінгі мерейтойыңыз әулетіңіздің ғана емес, біздің ұлттық журналистиканың да ортақ қуанышы»*, – деп атап өтті.

Мемлекет басшысының 100 жасты еңсерген анаға деген құрметіне ризашылығын білдірген Х. Ақжолова сол күні тұсауы кесілген «Бір ғасыр биігінде» атты жаңа кітабының бір данасын Президентке жолдады.

Ханымбүбі апамыз жерұйық Жетісу жеріндегі Жамбыл ауданының Үмбетәлі ауылында дүниеге келген. Жалынды жастығы соғыс жылдарына тап келіп, ерен еңбегімен Жеңісті жақындатуға да өзіндік үлесін қосады. 1944 жылы ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөліміне оқуға түсіп, оны бітірген соң сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінде журналистік еңбек жолын бастайды. Арада көп уақыт өтпей отбасы жағдайына байланысты туған жеріне оралып, Жамбыл аудандық «Большевиктік жол» (кейін «Екпінді еңбек») газетіне редактор қызметіне тағайындалады. Осы басылымда ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, құрметті еңбек демалысына шықты.

Жан толқытарлық шарада облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов Ханымбүбі апамызға «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағы берілгендігін жариялап, халқымыздың дәстүрімен ат мінгізді. Қарасай ауданының әкімі Жандарбек Далабаев пен Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас та игі дәстүрді жаңғыртып, осындай сыйлық жасады. Жамбыл аудандық кәсіподағының төрағасы Әскербек Абаевтың жүз жасаған журналиске деген ақ тілегі де көпшілік көңілінен шықты.

Мерейтой иесін ақын Олжас Сүлейменов құттықтап, «Семей – Невада» қозғалысының 30 жылдығына орай шығарылған мерекелік медалін тапсырды.

Белгілі жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Нағашыбек Қапалбекұлы ұйтқы болған игі шара барысында ардагер журналистің шәкірттері сөз алып, журналистиканың әліппесін үйреткен тәлімгер апайларына деген ризашылықтарын білдірді.

Анасының ғасыр жасына толуымен құттықтап келген қонақтарға журналистің қызы, биология ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Светлана Айткелдиева шын көңілден шыққан алғысын айтты.

ВОЛЕЙБОЛ

«Жетісу» топ жарды

Талдықорғандағы «Жастар» спорт кешенінің маңында орналасқан әуе добы алаңында жағажай волейболынан ерлер мен әйелдер арасында ел кубогы сарапқа салынды. Доданы тамашалауға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ келді.

Айдар ҚАЛИЕВ

Жарыста ерлер арасында 10, әйелдер арасында 9 команда бақ сынасты. Қиыршық құмда өткен дода тартысқа толы болды. Жағажай волейболшылары алғашқы партиядан-ақ барын салып, әдемі ойын өрнегін көрсетті. Әуе добының шеберлері бірде жойқын соққыларымен ала допты ұршықша иірсе, енді бірде қорғаушылардың желкесінен асыра салып та ұпай жинады. Асқан шеберлік пен тактиканы паш еткен спортшылар нағыз классикалық ойын үлгісін көрсетті. Әсіресе, финалдық ойын жұртшылықты тәнті етіп, волейболшылар көрермендердің қошеметіне бөленді.

Жарыс қорытындысы бойынша ерлер арасында Алматыдан келген «Буревестник» командасының үш құрамы қарсыластарын қоғадай жапырып, жүлдені өзара бөліп алды. Ал әйелдер арасында облыс намысын қорғаған «Жетісу» командасы топ жарды. 8 дүркін ел біріншілігінің, 6 мәрте Қазақстан кубогының жеңімпаздары Татьяна Машкова мен Ирина Цимбалова бұл жолы да қарсыласты шақ келтірмей, алтынан алқа тақты. Күміс жүлдені «Каспий-1» командасы еншілесе, «Каспий-3» тұғырдың үшінші сатысынан көрінді.

Жарыс соңында сөз алған облыстық спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев:

– Облысымызда жағажай волейболы қарыштап дамып келеді. Оған дәлел – Қазақстан кубогын 7 рет қатарынан жеңген волейболшы қыздардың жетістігі. Ізбасарлары да Азия чемпионатына қатысып қайтты. Қыркүйек айының соңында әлем біріншілігінде өнер көрсетеді. Аудандарда да жағажай волейболы өркендеп келеді. Атап айтсақ, Талғар, Қарасай, Панфилов, Алакөл аудандарынан мықты спортшылар шығып жатыр, – деді.

ӘЛТИПАТ

Облыс әкімі Игорь Сонды құттықтады

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Токиода өтіп жатқан Олимпиада ойындарында қола жүлдеге ие болған жерлесіміз Игорь СОНҒА құттықтау телеграммасын жолдады.

«XXXII жазғы Олимпиада ойындарында үлкен нәтижеге қол жеткізуіңізбен шын жүректен құттықтаймын! Барша қазақстандықтармен бірге жетісулықтар да сіз қатысқан доданы ерекше толқыныспен тамашалады. Біздің үмітіміз бен сенімімізді ақтап, қазақстандық ауыр атлеттердің әлемнің мықты спортшыларының қатарында екенін дәлелдедіңіз. Біз сізбен мақтанамыз және қола медаль үшін рақмет айтамыз. Бұл жеңіс – аса тартысты спорттық жарыста сіздің шеберлігіңіз бен жаттықтырушылардың еселі еңбегінің жемісі. Облыс тұрғындары атынан сізге мықты денсаулық, спортта жаңа белестер мен жеңістер тілеймін!» – делінген телеграммада.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ




Бет қатталып жатқанда:

СҮЙІНШІ! Жетісулық тағы бір спортшы Токио Олимпиадасының жүлдегері атанды. Ауыр атлетикадан әйелдер арасында 55 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Зульфия ЧИНШАНЛО қола жүлдеге қол салды.

Jetisý
@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

COVID – 19

ІНДЕТ ЖҰҚТЫРУ ЖАМБЫЛ АУДАНЫНДА ДА ТОЛАСТАМАЙ ТҰР. КОРОНАВИРУС ЖҰҚТЫРҒАНДАР АРНАЙЫ АУРУХАНАЛАРДА ЕМ ҚАБЫЛДАП ЖАТЫР. БҰЛ ОРАЙДА АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ МАҢЫЗЫН КӨПШІЛІК ДҰРЫС ТҮСІНІП, АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕРГЕ ҚАРАҒАНДА ЕКПЕ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАТАРЫ АРТТЫ.



МЕКТЕП ҰЖЫМЫ ЕКПЕ САЛДЫРДЫ

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Қазіргі кезде ауданда коронавирус індетіне қарсы екпе салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ұжым болып жаппай вакцина салдырушылардың қатары көбейе түсті. Солардың бірі – аудан орталығы Ұзынағаш ауылындағы Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектебі. Аталған білім мекемесі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанат Жақсылықовамен хабарласып, ұстаздардың екпе салдыру жайын сұрап білдік. Оның айтуынша, мектепте жұмыс істейтін қызметкерлер бүгінге дейін тоқсан пайыз шамасында коронавирусқа қарсы вакцинаны қабылдапты.

Тарқатып айтатын болсақ, білім шаңырағында барлығы 194 адам еңбек етеді. Соның 140-ы екпе салдырған. Ал енді вакцина алмағандарға келсек, оның түрлі себептері бар. Атап айтқанда, мұғалімдердің ішінде алтауының аяғы ауыр болса, 8 қызметкер әртүрлі сырқаттарымен дәрігерлердің есебінде тұрғандықтан, оларға екпе салдыруға болмайды, 27 адам бала күтіміне байланысты декреттік демалыста, 2 жұмыскер зейнет жасында, қалған 5 қызметкер оқу жылы басталғанға дейін екпе салдыратын болады. Екпе алмағандардың осындай әртүрлі дәлелді себептері бар.

Осы жылдың басында елімізде коронавирусқа қарсы екпе басталған кезде Т. Рысқұлов атындағы орта мектеп мұғалімдері вакцина салдыруды бірінші болып бастаған еді. Себебі, сол кезде аудан орталығындағы екі орта мектеп ғимаратынан арнайы екпе қосындары ашылғанда, соның бірі осы білім ұясында болды. Сонда аталған мектептің директоры Ақмарал Аққұлиева бірінші болып екпе алып, ұжымына үлгі көрсетті. Басшыдан кейін вакцинаны мектеп әкімшілігі салдырып, одан әрі мұғалімдер жаппай жалғастырып әкетті. Осылайша егу тәртібіне сәйкес ресейлік Спутник V дозасының екі компонентін араға үш апта аралатып алып шықты. Екпе салдырғандардың денсаулықтары қалыпты.

ЖАҢА НЫСАН



АУЫЛДАҒЫ БАССЕЙН

Ұзынағаш ауылында жаздық хауыз ашылды. Бассейннің ашылуына аудан әкімі Нұрлан Ертас қатысып, тұрғындардың қуанышына ортақтасты. Ол халықтың бос уақытын тиімді өткізіп, жас ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануына септесетін осындай орындардың көп болуы аймақ дамуының бір көрсеткіші іспетті екенін атап өтті.

Бассейнді жеке қаражаты есебінен ашқан кәсіпкер Ерлан Әлімқұловтың игі бастамасын қолдап, құтты болсын айтқан аудан басшысы Нұрлан Ертасұлы нысанның лентасын қиып, қызмет көрсету орнының жұмысымен танысты. Бірі 160, екіншісі 180 сантиметр тереңдіктегі екі хауыз суды жылытатын, тазартатын құрылғылармен жабдықталған. Суға түсушілер арнайы құтқарушылардың қадағалауында болады. Аумағы бір гектар жерді алып жатқан демалыс кешені ересектер мен балаларға да арналған. Мұнда жаз кезінде демалушылар үшін барынша ыңғайлы жағдайлар жасалып, соған сай қажетті құрал-жабдықтар орнатылған.

Алғашқы келушілердің бірін әңгімеге тартқанымызда: «Есімім – Дәурен. Әдетте мұндай бассейндер қалалық жерлерде болушы еді. Ал ауылдарда кездестірмеппін. Мынадай ыстықта бір мезгіл суға шомылғанға не жетсін?! Көлге түсуге алысқа баратын едік. Енді, міне, дәл жанымызда ашылғанына қуаныштымын. Жағымды жаңалықты естіп, өз көзіммен көрейін деп отбасыммен келдім. Балаларым суға түсіп, мәз-мәйрам болып жатыр. Сусын ішіп, тамақтанатын орындары да бар екен. Әртістер де келіп, өнер көрсетеді деп жатыр. Осыны ашқан азамат халыққа керекті дүниені дәл тауыпты», – деді ол.

Ауданға іскерлігімен белгілі кәсіпкер Ерлан Әлімқұлов бұған дейін монша, тойхана, жиһаз цехы сияқты орындар ашып, 200-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып келді. Тағы бір тың шаруаны қолға алып, хауызды іске қосуы 20 адамның жұмысқа орналасуына мүмкіндік беріп отыр. Осылайша жиырма отбасы осыннан нәпақасын таппақ. Ал аудан тұрғындары суға түсетін көл іздеп алысқа сабылмай, жақын жердегі демалыс кешеніне келіп тұрмақ.

С. ӘШІМБЕКҰЛЫ.

Жамбыл ауданы

ҚҰРЫЛЫС

Атқарылған іс ауқымды

Жаркент өңірінде соңғы бес жылда баспана құрылысы ерекше қарқын алды. Тек өткен жылы 13 млрд. 600 млн. теңге игеріліп, 22 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Биыл құрылысқа 3 миллиард теңге қарастырылған. Қазір Нұркент қалашығында 60 пәтерлі екі үй салынуда, одан басқа баспана кезегіндегілер үшін тағы екі көппәтерлі тұрғын үй құрылысы басталды. Алғашқы аталған екі тұрғын үйдің құрылысын «Техноснаб 2002» салып, қазір 85 пайыз құрылыс жұмысын атқарды. Құрылыс алаңында 59 жұмысшы еңбек етеді, 3 техника қолданыста. Бұл үйлердің айналасын көріктендіру мен инженерлік-коммуникациялық жүйесін «ПСК Градцентр» ЖШС атқаруда. Құрылыс материалдарының шұғыл қымбаттауына байланысты қазір жұмыс тоқтап, құрылыс жобасына қосымша қаржы қарастырылуда. Екінші объектідегі екі 80 пәтерлі тұрғын үй құрылысын бастауға келісімшарт жасалып, құрылыс монтаж жұмыстары басталмақшы.

«Жол картасы-2020» бағдарламасының аясында бірнеше ауылдық елді мекендерде Мәдениет үйі мен мектептер жөнделіп, дәрігерлік амбулатория салынды. Аққұдық, Сарыбел, Үшарал, Қызылжиде, Диханқайрат, Шолақай, Пенжім, Айдарлы, Дарбазақұм, Көктал, Үлкеншығаң ауылдары мен Жаркент қаласында жолдар жөнделді. Алмалы, Тұрпан ауылдарында ауызсу жүйелері қалпына келтірілуде.

Қазіргі таңда Аққұдық ауылында 120 орынды, Басқұншы ауылында 300 орынды мектеп салынуда. Мұның алғашқысына 703 млн., екіншісіне 1703,483 млн.,теңге бөлінген. Аққұдықтағы Шабдан Байбатшаев атындағы орта мектептің құрылысын «Нұр Шапағат Құрылыс» ЖШС атқаруда. Құрылысқа 65 жұмысшы мен 5 арнаулы техника тартылған. Басқұншыдағы Крылов атындағы орта мектеп құрылысын «СП Neft» ЖШС жүргізуде. Мектеп құрылысы келесі жылы мамыр айында аяқталмақшы.

Мемлекеттік бағдарлама арқылы қаржыландырудың нәтижесінде Жаркент қаласындағы «Бөлек батыр» атындағы орталық саябақ күрделі жөндеуден өтіп, сәндендірілді. Күн сайын жергілікті халық серуендеуге келетін демалыс орнының жүргінші жолдары асфальтталып, жаңа орындықтар қойылып, спорт алаңы жасалып, тұрғындарды қуантуда.

Аудандағы барлық құрылыс жұмысының сапалы, уақытылы атқарылуын құзырлы орындар тұрақты бақылап отырады. Объект пайдалануға берілгенге дейін кемшіліктер түзетіледі. Соңғы жылдары құрылысқа жыл сайын бөлінетін қаржы 300 млн. теңгеден 3 млрд. теңгеге көбейді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Панфилов ауданы.

ӨЗДІК КӘСІПОРЫН

ЖЫЛ САЙЫН

көмірдің беткі қабатынан 250 мың тоннаға дейін топырақ сыртқа шығарылады. Бұл үшін республикадағы Жаңатас, Кентау, Жетіқара, Қарағанды қалаларынан 30 тонналық «БелАЗ» ауыр жүк көліктері шақырылады.

МҰНДА

еңбек ететін 33 адамға барлық жағдай жасалған. Арнайы киімдермен, аяққиімдермен қамтамасыз етілген. Үш уақыт ыстық, дәмді тамақ беріледі. Жылы да жайлы жатын орындары бар. Монша күн сайын жұмыс істейді.

Қоңыр көмірдің қызуы

2000 жылдан бері қарай «Ойқарағай» көмір кенішінде Ләззат Ботабекова басқаратын «Бүркіт» отын-энергетикалық компаниясы жұмыс жүргізіп келеді. Ойқарағайдың көмірі оп-оңай алақанға сала қоятын көмір емес. Жеті қат жердің астында жатыр десек, артық айтпағандық. «Бүркіт» компаниясы басшылығының ұтымды ұйымдастыруы, толымды істерінің арқасында көмір кеніші жұмысын тоқтатқан емес. Жыл сайын өңір тұрғындарын тамызықты қажет етпейтін, қызуы мол «Б» маркалы, «3Б» тобындағы қоңыр көмірмен тұрақты қамтамасыз етуде.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Жердің геологиялық құрылымы көрсетіп отырғандай, жер астындағы көмірдің қабаты 10 метрге дейін жетеді. Көмірдің үстіндегі топырақтың қабаты 55-57 метрге дейін барады. Содан болар, көктем, жаз маусымы басталысымен аталған көмір кенішінде көмірдің үстіңгі топырақ қабатын аршу жұмыстары қауырт жүргізіліп, қараша айының 1 жұлдызына дейін созылып жатады. Сол тынымсыз еңбекке, ауыртпалықтарына толы уақыттарда жыл сайын көмірдің беткі қабатынан 250 мың тоннаға дейін топырақ сыртқа шығарылады. Бұл үшін республикадағы Жаңатас, Кентау, Жетіқара, Қарағанды қалаларынан 30 тонналық «БелАЗ» ауыр жүк көліктері шақырылады. Бұл жұмыс үшін Алматы қаласынан 250 тоннаға дейін жанар-жағармай тасымалданады. Көмірдің әр тоннасының бағасы оны шығаруға жұмсалар шығындармен есептеледі. Соңғы жылдары «Ойқарағай» кеніші көмірінің әр тоннасы 7500 теңге тұрады. Ауқатты, мүмкіндігі бар өңір тұрғындары қысқа жетер көмірлерін бір-ақ жеткізіп алып жатады. Жыл сайын «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» акционерлік қоғамына қарасты Қарағанды филиалы «Б» маркалы қоңыр көміріне сәйкестік сертификатын береді. «Ойқарағай» көмір кенішінде көмірді өндіру кезінде жер қойнауының ластануына жол бермеу шаралары орындалып келеді.

– «Ойқарағай» көмір кенішіндегі жұмыс ауыр. Қиындығына көніп, ауыртпалығын көтерген жандар ғана мұнда жұмыс істей алады. Мұнда еңбек ететін 33 адамға барлық жағдай жасалған. Арнайы киімдермен, аяққиімдермен қамтамасыз етілген. Үш уақыт ыстық, дәмді тамақ беріледі. Жылы да жайлы жатын орындары бар. Монша күн сайын жұмыс істейді. Уақытылы көтеріңкі жалақыларын алып тұрады. Аудан аумағынан екі студент Қ. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ-да дәріс алуда. Оның сыртында жұмысшыларымыз біліктілікті арттыру курстарынан өтіп тұрады. Жыл сайын Райымбек, Кеген аудандары аумағындағы ардагерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға, қамқорлықты қажет ететін отбасыларына тегін көмір беріледі. Біз елдің алғысын, ақ батасын алған сайын әр күнгі жұмысымызға деген ынта-ықыласымыз арта түседі, – дейді «Ойқарағай» көмір кенішінің директоры Жарас Нұрғазиев.

Ойқарағайдың қоңыр көмірі шын мәнінде облыс орталығынан ең шалғай, темір-жолдан алыс, көгілдір отын келе қоймаған тау қойнауына қоныс тепкен тұрғындардың шаңырақтарына шуақ сыйлап, берекелерін кіргізіп келеді. Егер Ойқарағайдың көмірі болмаса, өңір тұрғындары Алматы қаласының маңындағы отын базалары арқылы көмірді тұтынатын болса, қандай күйде болар еді? Өйткені, қала жақтан жеткізілетін «Шұбаркөл», «Қаражыра» көмірлерінің әр тоннасы Кеген өңірінде 27 мың теңгеден тұрады. Ойқарағайдың көмірін арнайы тасымалдап сататындар Нарынқол аймағында әр тоннасын 12-13 мың теңге көлемінде сатады. Кеген ауылындағы отын базасында оның әр тоннасы 14 мың теңгеден сатылып келеді. Кеген ауылының тұрғындары ауыл маңынан отын базасының ашылғанына, ондағы көмір бағасының тиімділігіне дән риза.

Орайы келгенде, біз аталған отын базасында жұмыс істеп жатқан Кегенбек Мұқановтай азаматтың атына жылы лебіз білдіреміз. Аталған көмір кенішінен жыл сайын 30 мың тоннаға дейін қоңыр көмір өндіруде оның еңбегі зор. Жалпы, жыл өткен сайын көмірдің сапасы да жақсаруда. Ертең ерте шоғымен маздап тұратын көмір ешқандай тамызықты қажет етпейді. Компания басшылығы көмір мөлшерін көбейте түсуді жоспарлап отыр.

Қазіргі таңда республика аумағын айтпағанның өзінде таулы өлке тұрғындарын уақытылы, сапалы көмірмен қамтамасыз ету үшін жыл он екі ай тынымсыз жұмыс істеп жатқан, көмірдің үстіңгі қабатын аршуға арналған 6-7 айға созылатын қиындықтарды көтеріп жүрген «Ойқарағай» көмір кенішінің еңбегі еленулі, мәндай терлері бекер кетіп жатқан жоқ. Олар 2014 жылы Ұлттық Бизнес Рейтингінің қорытындысымен Қазақстан Республикасы бойынша «Сала көшбасшысы» Ұлттық сертификатымен марапатталды. «Бүркіт» отын энергетикалық компаниясының басшысы Ләззат Ботабекова «Қазақ экономикасының даңқ жұлдызы» орденіне, көмір кенішінің директоры Жарас Нұрғазиев «Ерен еңбегі мен жетістіктері үшін» деп аталатын медальға ие болды.

Компанияның жетекшісі Ләззат Ботабекова республикамызда кәсіпкерлік саласы бойынша «Жыл адамы», Райымбек ауданының Құрметті азаматы атанды. «Ойқарағай» көмір кеніші 2016 жылы «Сауда үздігі – 2016» республикалық байқауында «Ең үздік көтерме сауда кәсіпорны» номинациясы бойынша бірінші орынды иеленіп, дипломымен марапатталды.

Жалпы, кеніштің басшылығы Райымбек, Кеген аудандарындағы ізгілікті іс-шаралардан сырт қалған емес. Өңірдің мерейлі тойларына, соған орай шыққан кітаптарға қолдау көрсетіп келеді.

Қытымыр қыста шаңырағыңның жып-жылы болып тұрғанына не жетсін?! Ендеше, соған негіз қалап жүрген «Ойқарағай» кенішіндегі азаматтардың қолдары қуатты болсын!

Райымбек ауданы

АКЦИЯ

Кітапханада том-том кітап тізіліп тұрғанымен кейде оқырмандар іздеген құнды дүниелердің табылмай жататыны бар. Осындай қажеттілікті қамтамасыз ету үшін С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапхана жыл сайын «Кітапханаға кітап сыйла» акциясын үзбей өткізіп келеді. Шара аясында кітапхана қоры молығып, жұрттың қолында жүрген құнды дүниелер оқырман қолына жетіп жатыр.

Қажет АНДАС



КІТАПХАНАҒА ТАРТУ

Облыстық мәслихаттың депутаты, «Құрмет» орденінің иегері, Талғар, Қарасай, Райымбек аудандарының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының Құрметті құрылысшысы, облыстық мәслихат хатшысы Жанболат Жөргенбаев облыстағы халық қалаулыларына және мәслихат аппаратына эстафета-челлендж жолдап, барша жетісулықтарды «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясына белсене үлес қосуға шақырды. Жанболат Әкебайұлы өзі бастамашы болып Іле өзені, Шарын шатқалы, Алакөл, Көлсай, Жетісу Алатауы сынды Жетісудың маржандары өрнектелген энциклопедиямен қатар Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көптомдық жинағын кітапханаға сыйға тартты.

Аталған челлендж іліп әкеткен халық қалаулылары жұртқа рухани азық сыйлайтын туындыларын кітапханаларға тарту ете бастады. Сол қатарда облыстық мәслихат депутаты, Қапшағай су электр стансысының директоры Бағдәулет Үстенов Қапшағай қалалық кітапханасына кітап оқуға ыңғайлы 2 орындық және 100 данадан аса кітап сыйлады. Ізін ала облыстық мәслихат депутаты, «Almaty berry plants» ЖШС директоры Бекет Әбішев С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханаға балалар әдебиеті жанрында жазылған халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Бекен Ыбырайымның «Аспандағы саяхат» атты кітабының 1000 данасын әкеліп тапсырды.

– Жалпы, Бекен ағамыз балалар әдебиеті жанрында тамаша туындылар жазған қаламгер. Ал «Аспандағы саяхат» атты туынды өз кезегінде үлкен бәйгелерде жүлде алған туынды. Кітаптағы шығармалардың тілі жатық, безендірілуі көркем, балалардың көп білім алуына септігі тиетін туынды. Сондықтан, мен облыстық мәслихат тарапынан ұйымдастырылған эстафета-челленджді қолдай отырып, облыстық кітапханадағы балалардың оқуына тапсырып отырмын. Басқа әріптестерімді де осы шараға белсене қатысуға шақырамын, – деді Бекет Құдайбергенұлы.

«Көп түкірсе көл толады» дейді халқымыз. Осындай көлдей көңілмен сыйланған кітаптарға кітапханашылар да қуанып қалды.

– Бүгінде балалар әдебиетінде жазылған дүниелер жеткілікті емес. Облыстық мәслихат депутаттары тарапынан біздің қорға берілген балалар әдебиеті жанрындағы кітаптар оқырман қажетін өтейді деген ойдамын, – дейді С.Сейфуллин атындағы облыстық кітапхана директорының орынбасары Самал Шаяхметова.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisy

№83
(18935)
Senbi,
31 shilde,
2021 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz
@ # Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

КӨК ТУДЫҢ МӘРТЕБЕСІ БИІК ТҰРСЫН

«Қадір түніндей қадірле тәуелсіздіктің әр күнін» деп бір айтыста ақындар арайлы азат таңның қадірін тілге тиек етіп еді. Біз кеңестік дәуірді көрмеген, мойнына қызыл галстук байлап, күн көсемге табынбаған, тәуелсіздікпен құрдас буынбыз. Десе де бодандық құрсауынан шығу үшін халқымыздың қандай нәубеттерді бастан кешкенін әдебиет пен тарих беттерінен оқып білдік. Алдыңғы буын ағалардан естідік.

Еуразия жүрегінде, өркениеттердің ұштасқан орталығында, талай ұлт пен ұлыстың қызырлы мекеніне айналған Ұлы Далада азат елдің азаматы атанғаннан асқан бақыт жоқ. Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған көк аспанымыздың астында баянды да бақытты ғұмыр кешу біздің буынның мандайына жазылған батпандай бақ деп түсінемін. Ұлттық қасиетіміз бен құндылықтарымызды ұлықтап, намысымызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде жариялаған осы тәуелсіздіктің баянды болуына ендігі жерде барымызды салуымыз қажет. Қазақтың қара домбырасын құшақтап алыс-жақын шетелдерге өнер көрсетуге барғанымда сырт елдегі қазақтың абыройын, айбарын көріп талай мәрте төбеміз көкке жеткен.

Сенің мемлекетің, Көк байрағың, қолыңдағы көк құжатың, әсіресе, сыртта жүрген адамның еңсесін көтереді екен. «Елу жылда ел жаңа» демекші, 30 жыл бір мемлекеттің тағдыры үшін көп уақыт емес. Еліміздің жеткен жетістіктері де, әлі қолға алынуы қажет шаруалары да өте көп. Әр қазақтың баласы өз саласында «осыны мен істемесем кім істейді, қазір істелмесе қашан істеледі?!» деген мақсатпен білек түріп қызмет атқарса әлі талай биік белестерді бағындырамыз деп сенемін.

Тағдырдың тауқыметімен әлемге тарыдай шашылған қазақ баласы ата жұртына елеңдейтіні анық. «Қазақ тәуелсіздігін алыпты, өз баласын таққа мінгізіп, ел болып етек жауыпты» дегенді радиодан естіген абыз ақсақалымыз Халифа Алтай Түркияның қаласында көзінен жас парлап көшеде сәжде қылып, Аллаға шүкірлігін айтқан екен. Осындай тектілердің бата-дұғасы тәуелсіз Қазақстанның тұғырын биіктете берсін. Өркениет көшіне ілескен халқымызға амандық тілеймін.

Отанын әрбір қазақ сүйіп тұрсын,
Бірлігі бекемдікпен ұйып тұрсын.
30 жылдық мереке құтты болып,
Төбеден Алла нұрын құйып тұрсын!
Көп тудың арасынан әлемдегі,
Көк тудың мәртебесі биік тұрсын!

Жандарбек БҰЛҒАҚОВ,
айтыскер ақын



ПРЕЗИДЕНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Биыл Жапонияның бас шаһары Токио қаласында XXXII жазғы Паралимпиада ойындары өтеді. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ төртжылдықтың басты додасына қатысатын спортшыларды қабылдап, сәттілік тіледі.

Айдар ҚАЛИЕВ

Жиын барысында сөз алған ел Президенті:

– Токиода өтетін паралимпиада ойындары бәріміз үшін маңызы зор халықаралық дода. Осыған орай сіздердің дайындық жұмыстарыңызды біліп, ақ жол тілегім келеді. Паралимпиада ойындарында ел намысын қорғау мәртебелі міндет, үлкен абырой. Әлемдегі жүз мыңдаған спортшының арасынан үздік шығып осы ойындарға жолдама алу екінің бірінің қолынан келмейді. Сіздер бұған табандылық пен кәсіби дайындықтың арқасында қол жеткізуге болатынын дәлелдедіңіздер. Демек әрбір параспортшымызды қазірдің өзінде жеңімпаз деуге болады. Сіздерді барша отандасымыз мақтан тұтады. Паралимпиадашылар қашанда қажымас қайрат пен қайсарлықтың символы саналады. Қазақстанда осы спорттың дамуына сіздер мол үлес қосып келесіздер,– деп ізгі тілегін білдірді.

Ел спортшылары дүбірлі додаға тұңғыш рет 25 жолдама ұтып алды. Естеріңізде болса, Рио Олимпиадасында екі бірдей жүлдеге қол жеткізген едік. Суда жүзуден Зульфия Габидуллина алтыннан алқа тақса, облыс спортшысы Раушан Қойшыбаева пауэрлифтинг спортынан сынға түсіп, күміспен күптелді.

Басқосу барысында паратаэквандодан екі дүркін әлем чемпионы Нұрлан Домбаев, Ұлттық паралимпиада комитетінің президенті Қайрат Боранбаев пен ұлттық құраманың пауэрлифтинг бойынша бас бапкері Артур Томицский спортшыларға жақсы жағдай жасалып жатқанын айтып, олардың Олимпиадаға дайындығын баяндады.

Айта кетейік, біздің облысымыздағы спортшылардың оқу-жаттығу жиындарына барлық қолдау көрсетілген. Үміткер 3 спортшыға 50-400 мың теңге көлемінде ай сайын жалақы төленеді. Биыл Токио төріндегі басты додаға пауэрлифтинг пен садақ атудан облыстан 3 спортшы жолдама алды. Атап айтсақ, Раушан Қойшыбаева, Рахметжан Хамаев, Гүлбану Абдыхалықова Араб Әмірліктерінде өткен әлем кубогінде жолдама алды.

Жиын соңында Мемлекет басшысы байрақты бәсекеде ел намысын қорғайтын қайсар спортшылардың өнерін халқымыз тамашалайтынын, жанкүйер болатынын айтты.

ҚОС САҢЛАҚ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Токио Олимпиадасында қолаға қол жеткізген ауыр атлеттер Зульфия ЧИНШАНЛО мен Игорь СОН мінген ұшақ Алматы әуежайына келіп қонды. Чемпиондарды жанкүйерлері мен туған-туыстары құшақ-құшақ гүлмен қарсы алды.

Болат МӘЖИТ

Бұдан бұрын ел қоржынына Олимпиададағы алғашқы жүлдені дзюдошы Елдос Сметов салған еді. Енді, міне, оның жолын Зульфия мен Игорь жалғастырды. Ауыр атлетикадан ең бірінші жеңіс тұғырына көтерілген 61 келі салмақта өнер көрсеткен Игорь Сон болды. Екінші күні жарысқа шыққан Зульфия да Игорьдің жетістігін қайталады. 55 келі салмақта сынға түскен Зульфия 213 келі зілтемірді көтеріп, қола медаль иеленді. Сөйтіп, жетісулық спортшылар елге абыроймен оралды.

Зульфия әуежай алдына жиналған жанкүйерлерін көріп, өзін осыншалық сый-құрметпен қарсы алғанына қуанып, көз жасына ерік берді. Әрине, олай болатын жөні де бар. Ол араға біраз уақыт салып барып қайтадан Олимпиада жеңімпазы атанып отыр.

Ол 2007 жылдан бері Қазақстан атынан өнер көрсетіп келеді. 2008 жылы әйелдер арасындағы ауыр атлетикадан ұлттық құрамаға енді. 17 жасында әлем чемпионы атанды. Ары қарай оның жұлдызды сәттері басталды. 2012 жылы өткен Лондон Олимпиадасында алтыннан алқа тақты. Бірақ кейін допинг дауына ұшырап, спорттан шеттетілген еді. Енді, міне, ол қайтадан өзінің мықты спортшы екенін тағы да дәлелдеді. Спортшының халық алдында толқып тұрғаны да сондықтан.

– Лондон Олимпиадасынан алтын алып келгенде осындай қошеметке ие болған едім. Токиодағы жарыста қолаға ғана қол жеткізсем деыстық ықыластарыңыз сол қалпы. Сіздерге деген алғысымыз шексіз! Мен ары қарай да ел үшін аянбай тер төгемін, – деді қуаныштан екі көзі жасқа толған Зульфия Чиншанло.

Үштөбелік Игорь Соннның да беталысы жаман емес. Ол 2019 жылы өткен әлем чемпионатында күміс медаль иеленген. Енді Токио Олимпиадасының қола жүлдегері деген құрметке қол жеткізіп отыр.

– Арманым Олимпиада алтынын алу еді. Дайындығымыз да жақсы болды. Бар мүмкіндік жасалды. Бірақ, әттең, бұйырмады. Қоланы қанағат тұттық. Ендігі мақсатым Парижде өтетін Олимпиадаға тыңғылықты дайындалу. Бапкерлеріме дән ризамын. Біздің жетістігіміз сол кісілердің ерен еңбегі, – дейді Игорь Сон.

Олимпиада аяқталған жоқ. Қазақстандық спортшылар сынға түсіп жатыр. Оларға Елдос, Игорь және Зульфияның жолын берсін. Кеудесінде алтын медальдары жарқыраған чемпиондарды әуежайдан күтіп алатын күндер көп болсын деп тарастық.

Сурет түсірген Асхат КАЖЕЛТ

ЕГІН ОРАҒЫ



АСТЫҚ ҚАМБАҒА ТҮСТІ

Жетісу жерінде егін орағы 14 шілдеден басталды. Қазіргі таңда Талғар, Жамбыл, Қарасай, Іле, Еңбекшіқазақ, Кербұлақ, Алакөл аудандарында жұмыс қызу жүріп жатыр.

Қажет АНДАС

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының ақпараты бойынша, ағымдағы жылы дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды жинау алаңы 578,4 мың гектарды құрайды. Бұл өткен жылдағыдан 5 гектарға артық. Жыл бойғы шаруалардың маңдай терін ағызып өсірген астықты қабылдауға сыйымдылығы 771 мың тонна 265 астық қоймасы, оның ішінде 58,6 мың тоннаға 2 лицензияланған астық қабылдау кәсіпорны сақадай сай.

Егін орағы басталған бір аптаның ішінде 36,7 мың гектар алқаптағы дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар шабылып (6,4%), 45,5 мың тонна астық жиналды. Қазіргі болжам бойынша орташа өнімділік гектарына 12,4 центнерден айналып отыр. Ал өткен жылдың дәл осы мезгіліндегі шабылған алқаптың гектар берекелілігі 15,3 центнерді құраған болатын. Бұған қарап алаңдаудың реті жоқ. Өйткені биыл көктемгі егіс жұмыстары ауа райының қолайсыздығына байланысты жылдағыдан 10 күндей кеш басталды. Сондай-ақ, қазіргі таңда шабылған алқаптың көлемі де өткен жылмен салыстырғанда аздау. Демек, өнімділіктің өлшемі егін орағы аяқталған соң бірақ шығады. Бірақ ауылшаруашылығы саласының мамандары биыл алынатын астық мөлшері өткен жылдан кем болмайды деген пікірде.

Биыл шөпке деген сұраныстың аз болмайтыны анық. Мал азығын дайындау жұмысы да басталғалы біраз болды. Пішендеме, сабан, жемдік азық, сүрлем әзірлеу жұмыстары да талапқа сай жүріп жатыр. Мамандардың айтуынша, науқан күзге дейін жалғасып, осы мезгілдің ортасында аяқталады. Ағымдағы жылдың жоспары 3,5 млн. тоннадан астам ірі (оның ішінде пішендеме 2842 мың тонна, сабан 680 мың тонна) және 1,3 млн. тоннадан астам шырынды (пішендеме 547 мың тонна, сүрлем 710 мың тонна) жемшөп, сондай-ақ 684 мың тонна дәнді мал азығын дайындау жоспарланған. Бүгінгі күні бірінші шөп шабу аяқталып, 1679,5 мың тонна шөп, 261,2 мың тонна пішендеме, 68,8 мың тонна сабан, 40,6 мың тонна жемдік азық дайындалды.

Күздік және жемдік дақылдарды жинауға техника күші де толық дайындалған. Қазір аймақтағы дала төсінде 1468 комбайн, 180 мехток, 263 астық тиегіш, 203 астық өлшеуіш, 164 астық тазалау машинасы, 256 автотаразы қарастырылған. Шаруалар жанар-жағармайдан да тапшылық көріп отырған жоқ. Егін жинау жұмысын уақытылы жүргізу үшін ҚР Энергетика министрлігі тарапынан облысқа берілген 13,8 мың тонна дизель отыны тиісті қожалықтарға бөлінген.

Астық пен мал азығын жинау оңай жұмыс емес. Бірақ науқандық жұмыстың денін шілде, тамыз айларында орындап тастау керек. Қазіргі ауа райы шыжыған ыстық болғанымен, ең бастысы, күн ашық. Осыған орай, шаруалар да егіні мен мал азығын жаңбырға ұрындырмай жинап алу үшін бар күшін салуда.

КӘСІПКЕРЛІК

АУТСОРСИНГ КОМПАНИЯСЫН АШТЫ

Қапшағай қаласында төрт баланың анасы Дина Абселемова мемлекеттік бағдарлама бойынша кәсіпкерлік негіздерін үйреніп, бухгалтерлік аутсорсинг қызметін көрсететін жеке компаниясын құрды.

Дина өткен жылы Кәсіпкерлер палатасы «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында өткізетін «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздері жобасын аяқтаған. Оқуын сәтті тамамдап, бизнес-жобасына 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде мемлекеттік грант алды. Бұл қаражатқа ол бухгалтерлік аутсорсинг қызметтерін көрсететін жеке компания ашты. Қазіргі таңда шағын компания штатында бес қызметкер бар. Дина Абселемованың мамандығы қаржыгер. Ол мемлекеттік қолдаудың арқасында кәсіпкерлік негіздеріне оқыған.

Аутсорсинг компниясы заңды және жеке тұлғаларға бухгалтерлік қызметтер көрсетеді. Түрлі бағыттағы 20-дан аса компанияның бухгалтерлік есептерін жүргізеді. Жақын жылдары нарықта аутсорсинг компанияларының үлесі арта түспек. Себебі, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне штатта бірнеше бухгалтер, қаржыгер сынды қызметкерлерді ұстау тиімсіз.

– Жалпы, тек микробизнес қана емес, ірі компанияларда бірқатар қызметті аутсорсингке аударуда. Сондықтан нарықта сұраныс бар, бұл бағыт дами береді деп ойлаймын. Бастысы, қызмет көрсету сапасын үнемі жетілдіріп, компанияның табысты бола түсуіне үлес қосу керек. Сонымен бірге мамандар заманға сай шұғыл түрде қызмет атқаратын, өзі ісіне, адал, жауапты болуы тиіс, – деп атап өтті кәсіпкер.

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының бизнес-тренері Мейірман Сауранбековтың айтуынша, биыл Қапшағай өңірінде «Бастау бизнес» жобасын 58 адам аяқтап, қазіргі таңда 30 қатысушы оқуын жалғастыруда. Соның ішінде 13 азамат өз ісін дамыту үшін 200 АЕК көлемінде грант алды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Қапшағай қаласы

Jetisý
@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

COVID-19



Атың өшкір ауру елімізді дендеп барады. Коронавирус жұқтырғандар қатарының көптігі көпшілікті алаңдатып отыр. Бұған тосқауыл қоюдың бірден-бір жолы екпе екенін халыққа түсіндіріп жатқан мамандардың кеңесі өз нәтижесін беруде. Жамбыл ауданының білім саласы қызметкерлері де мұны алғашқылардың бірі болып жете ұғынды.

БАЛА САУЛЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Қазіргі кезде аудан мектептеріндегі педагогикалық құрамның басым бөлігі коронавирусқа қарсы вакцина алды. Бұл істің жауапкершілігін дұрыс түсінгендердің бірі – аудан орталығындағы Ұзынағаш орта мектебінің ұжымы.


Білім мекемесінің директоры Раушан Ермұханованың айтуынша, мұнда екпе алуға тиісті қызметкерлердің дені екпенің екі компонентін де қабылдапты. Нақтырақ айтатын болсақ, білім шаңырағында барлығы 87 мұғалім еңбек ететін болса, соның 71-і екпе салдырған. Қалғандарына келсек, вакцина алмағандардың түрлі себептері бар. Тарқатып айтқанда, мұғалімдердің ішінде үшеуінің аяғы ауыр болса, 8 қызметкер әртүрлі сырқаттарымен дәрігерлердің есебінде тұрғандықтан, оларға екпе салдыруға болмайды, 5 ұстаз-ана бала күтіміне байланысты декреттік демалыста. Мұғалімдер арасында екпе алмағандардың осындай әртүрлі дәлелді себептері бар. Ал техникалық қызметкерлерге келсек, білім мекемесінде олардың саны 47 болса, солардың 43-і вакцина салдырған, 2 жұмыскер дәрігерлердің есебінде тұрғандар, ал 2 адам жүктілігіне байланысты екпе алудан босатылды.

Осы орайда мектеп басшысының екпеге байланысты пікірін сұрап білдік. «Бұл індетке байланысты шығарылған вакциналау төңірегінде адамдар арасында күмән әлі де сейілмей тұрғанын естіп-біліп жүрміз. Себебі әлеуметтік желілерде бір-біріне қарама-қайшы ақпараттар ағыны өте көп. Соны тыңдаған халықтың пікірі де екіұдай. Алайда бұған аса жауапкершілікпен қарап, ақпараттың ақ-қарасын ажырата білуіміз керек. Әсіресе, біз сияқты балалармен тікелей жұмыс істейтін педагогтардың жауапкершілігі еселене түседі. Ертеңгі күні біздің кінәмізден балалар ауырып қалатындай жағдай болмас үшін өте мұқият болып, қажетті сақтық шараларын жасауымыз керек. Өз денсаулығымызды алдымен ойласақ, бала денсаулығын одан бір де кем ойламауға тиіспіз. Сондықтан да мұны біздің ұстаздар ұжымы жақсы түсінді және барлығы екпе алуға қарсы еместігін білдіріп, іс жүзінде соны көрсетіп те жатыр. Бастысы – ертеңгі күні оқушылар сабаққа келгенде олар қауіпсіз ортада білім алулары керек. Адамның ауруға қарсы күресу қабілетін күшейтетін вакцинаны салдырудан ұстаздар қашпауы керек. Әсіресе, біз сияқты балалармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтіндер үшін бұл аса маңызды», – деді Раушан Әсетқызы.

Ауданда қазіргі кезде коронавирус індетіне қарсы екпе салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Жамбыл ауданы

ЕКПЕ АЛУ ЖАЛҒАСУДА



Әлем жұртшылығын әбігерге салған коронавирус індетінің беті қайтар емес. Пандемияның қыспағында тұрған ауданда індетке қарсы күресті күшейту, қалыптасқан ахуалды жеңілдету, індет салдарларын жою барысында бірқатар ілкімді жұмыстар атқарылуда.

ҚАРИЯ ВАКЦИНА САЛДЫРДЫ

Вакциналау – тұрғындарды, оның ішінде балаларды жұқпалы аурулардан қорғайтын ең тиімді жол. Вакцина инфекциямен қатынаста болған кезде микроорганизмдердің дамуына тосқауыл болатын қорғаныш антиденелерді шығарады. Сол кезде ауырған жағдайда ауру жеңіл түрде өтеді.

Вакциналау арқылы әртүрлі инфекциялық аурулардың санын азайтуға, ал кейбір ауруларды мүлдем жоюға болады. Осыған орай Кербұлақ ауданында коронавирусқа қарсы вакцинаның бірінші компонентін 17119 адам алды. Әлі де вакциналау жалғасуда. Жалпы аудан бойынша коронавируспен ауырған адамдар саны 668-ге жетті. Ауданда 18 екпе кабинеті жұмыс істейді. Мобильді медициналық бригадалар қажет болған жағдайда кәсіпорындар мен ұйымдарға барады.

Бүгінде ауданда екі препарат бар – "Спутник V" және "CoronaVac". Қазірдің өзінде құқық қорғау қызметкерлері 100 пайыз, медицина қызметкерлері 98 пайыз және мемлекеттік қызметкерлердің 95 пайызы КВИ-ға қарсы екпе жасады. Әлі де екпе алу жалғасып жатыр. Өйткені жұртшылық вакцина алу арқылы ғана індеттің беті қайтатынын түсініп, жаппай екпе алуда. Отбасымен, ұжыммен келіп салдырып жатқандар да жетерлік.

Раушан БИСЕМБЕКОВА,
Кербұлақ ауданы әкімінің баспасөз хатшысы

Қазіргі таңда халық арасында екпе алу жайлы, вакцинаға қарсы теріс пікір қалыптасып, жаңсақ әңгімелер сананы улау үстінде. Алайда дерттен сақтанудың жалғыз жолы – вакцина алу. Дана халқымыздың «Ауырып ем іздегенше ауырмаудың жолын изде» деген аталы сөзін жалау еткен Жыланды ауылының тумасы 87 жастағы Кеңесбек қария Оспановтың өзі де, отбасы мүшелерінің барлығы дерлік екпе алған.

– Екпе алу арқылы адам жұқпалы аурулардың таралуын болдырмайды және өз отбасы мен қоғам мүшелерін, яғни балаларды, иммундық жүйесі әлсіреген өзіміз сияқты қарт адамдарды қорғайды. Осы уақытқа дейін жоспарлы вакциналау, әлемде миллиардтаған адамдардың өмірін сақтап қалған. Сондықтан біз бірауыздан отбасымызбен екпе алуға шешім қабылдадық. Көпшілікке вакцинадан қорқудың қажеті жоқ екенін айтқым келеді, – дейді қария.

Жалпы Алакөл ауданына 37 мың дана вакцина әкелінген. Олардың ішінде: «QazVac», «Hayat-Vax», «CoronaVac», «Спутник-V» түрлері бар. Бүгінге дейін екпенің бірінші компонентін 19 мың тұрғын алса, екінші компонентін 12 мың адам қабылдаған. Қауіпті вирусты вакцина алумен ғана тежеу мүмкін болғандықтан екпе салдыруға жауапкершілікпен қарап, өзіміздің және жақындарымыздың денсаулығын сақтауға үлесімізді қосайық.

Қасиет АРЫСТАН,
Алакөл ауданы әкімінің баспасөз хатшысы

БРИФИНГ

САЛЫҚ ТӨЛЕУДІҢ ТИІМДІ ҮЛГІСІ

"Jetisý media" ақпарат алаңында "Жеке тұлғалардың көлік құралына салық төлеуі» тақырыбында брифинг өтті. Онда облыстық мемлекеттік кірістер департаменті өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Руслан МЕЙІРХАТҰЛЫ бүгінгі таңда атқарылып жатқан жұмыстар жайлы ақпарат берді.

Қажет АНДАС

Мемлекет басшысы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) қол қойғаннан кейін жеке тұлғалардың салық міндеттемелерін дұрыс есептеу және артық төлемнің пайда болуын болдырмау, болған жағдайда салықты қайтаруға байланысты туындайтын әуре-сарсаңды азайту мақсатында нақты жұмыстар атқарыла бастады. Осыған орай, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті «Салықтық әкімшілендіруді реформалау» жобасы шеңберінде «Интеграцияланған деректер базасы» ақпараттық жүйесінің «жергілікті салықтардың» кіші жүйесін әзірледі. Бұл жүйе бойынша көлік салығына екі жыл бойынша есептеу жүргізіліп, өткен жылдың салық төлемі биылғы 1 сәуірде аяқталды.

Облыста жалпы 593434 автокөлік құралы тіркелсе, салық төлеушілердің саны 554143 адамды құрайды. Өткен жылға есептелген салық сомасы 8805 млн. теңге, оның ішінде жеңілдіктері бар 25216 адам 536 млн. теңгеге босатылған. Ал тамыздың бірінші күніндегі есеп бойынша көлік құралдарына салынатын салық бойынша берешек 86861 жеке тұлға бойынша 2 707,7 мың теңгені құраған.

Заңнамаға сай салық төлеу тәсілдері де өзгерген. Жеке тұлғалар салықтарды екінші деңгейдегі банктердің бөлімшесі немесе төлем терминалында қолма-қол ақша қаражатымен, банкоматтар және төлем терминалдарындағы банк карталарының көмегімен де төлей алатынын айта кеткен жөн. Бұл тұрғыда сұрақтар туындаса анықтамалық ақпаратты алу үшін бірыңғай байланыс орталығының 1414 тегін телефон нөмірі бойынша хабарласуға болады.

Жеке тұлға көлік салығын мүлдем төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлғаның қарызын өндіріп алу туралы салық бұйрығын заңнамада белгіленген тәртіппен атқарушы органдарға жібереді. Осыған байланысты жеке сот орындаушының (ЖСО) борышкерден қарызды өндіруді мәжбүрлеуі бойынша шаралар қарастырылған. Сондықтан барлық салық төлеушілер материалдарды жеке сот орындаушыларға жеткізбей уақытында салық төлеуді жүзеге асырғаны жөн.



ШАҒЫМ ТҮСКЕН ЖОҚ

«Jetisý media» ақпарат алаңында «Азаматтық әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында өткен брифингте «Жетісу» әуе компаниясы» АҚ өндірістік қызмет жөніндегі вице-президентінің міндетін атқарушы Ерлан ЕРҒОЖАЕВ бүгінгі таңда атқарылып жатқан жұмыстарды айтып берді.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта «Жетісу» авиакомпаниясы күн сайын Талдықорған – Үшарал – Талдықорған бағыты бойынша тұрақты субсидияланған рейстерді ұшырып келеді. Авиакомпания 2018 жылдан бастап сыйымдылығы 19 жолаушыға дейін L410 Чех өндірісінің екі ұшағын пайдалануда. Ұшақтар 2019 жылы 995 сағат, 2020 жылы 935 сағат, 2021 жылы 2708 сағат ұшқан. Осы жылдар аясында жолаушылардан ешқандай шағым түскен жоқ.

Әуе кемесінің техникалық жай-күйін инженерлік авиациялық қызмет бақылайтындықтан ұшақтардағы күнделікті жұмыс уақытылы әрі сапалы орындалуына баса назар аударылады. Ұшу және авиациялық қауіпсіздікті бақылауды авиакомпания президенті, өндіріс жөніндегі вице-президент, авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспектор бірлесе орындайды және қатаң бақылап отырады.

– Компанияның авиапаркі техникалық жарамды күйде жасақталған. Әуе кемелерінің қосалқы бөлшектері толық. Ұшу және авиациялық қауіпсіздік бойынша әр тоқсан сайын талдау, есеп жасалады және Нұр-Сұлтан қаласындағы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға жіберіледі. Авиаэскадриляның экипажы ұшу жаттығуының арнайы дайындығынан өткен. Тренажерлік дайындық уақытында жүргізілуде. Әрбір ұшу алдында нормативтерге сәйкес әуе кемесін, жолаушыларды, багажды және почтаны тексеру жүргізіледі. Сондай-ақ әуежайда қауіпсіздік бөлімшесінің инспекторлары өткізу және объектішілік режимді, багажды қорғауды және әуе кемелерін күзетуді сақтайды, – дейді спикер.

Осындай жан-жақтылы дайындықтың нәтижесінде бірде-бір рет ұшақтардың зақымдануы және жолаушылардың өміріне қауіп төндірген жағдай орын алмаған. Алдағы уақытта да қауіпсіз ұшу қамтамасыз етіле бермек.

Омар АҚЫН

КӘСІБІ – НӘСІБІ

Кейінгі жылдары кәсіпкерлік саласына жасалып жатқан жанжақты қолдаудың арқасында Көксу ауданында оңды өзгерістер көрініс беріп келеді. Соның бірі – мемлекет қолдауымен қайтарымсыз қаржыға қол жеткізіп, берілген қаражатын пайдалы іске жұмсап жатқан Еңбекшіқазақ ауылының тұрғыны Альмира ДӘУЛЕТОВА.



ТАУЫҚ ТА ТАБЫС КӨЗІ

Кейіпкеріміз Альмира еш жерде жұмыс істемейді. Ауласында тауық өсіріп күнелтіп отыр. Бастапқыда бұл істе еш тәжірибесі жоқ жас ана жүрексінгенімен кейін келе кәсіптің қыр-сырына қанығa бастайды.

– «Бизнес–Бастау» жобасы арқылы мемлекеттен қайтарымсыз қаржы алдым. Ол ақшаға 100 ломанн браун неміс тұқымды тауығын және сыйымдылығы 350 жұмыртқаға жететін инкубатор, қажетті жемшөп алып, кәсіпті бастап кеттім. Салада тәжірибем аз болғандықтан көп ұзамай балапандарымның біразы өлді. Сол кезде құс бағуда тәжірибесі бар жерлестеріммен ақылдасып, дәрумен беру, жем салу және бағу жайында кеңес алдым. Қазір ептеп кәсіптің қыр-сырына қанығып келемін, – дейді Альмира Дәулетқызы.

Оның сөзінше, қазір халықтың табиғи таза жұмыртқаға деген сұранысы артқан. «Жұмыртқаны апта сайын үлкен базарға шығарып өткіземіз. Шаруамды бастап, жүргізуге жергілікті әкімдік көп көмегін тигізді. Атаулы әлеуметтік көмек алатынмын. Құжаттарымды жаңартып өткізуге барғанымда, осы мемлекеттік жоба жайында айтып, түсіндіріп берді. Сүйемелдеу көрсетіп, басынан аяғына дейін көмектесті. Ал, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының менеджерлері бизнес-жоспар құру, қажетті есептерді жүргізу, жеке кәсіпкерлікті ашуға жәрдемдесті. Осының барлығы үшін мемлекетке және халықтың әл-ауқатын жақсартуға арналған мемлекеттік бағдарламаларға алғысым шексіз. Кішкентай балам өте сирек кездесетін ауруға шалдыққан. Тумасынан мүгедек. Ерекше күтімді қажет етеді. Сондықтан қандай да бір қызметке орналасу мүмкін болмады», – дейді кейіпкеріміз.

Сала мамандарының сөзінше, жобаның тиімді тұстарының бірі – мұндағы бір айлық оқуға қатысқандарға шәкіртақы да қарастырылған. Кәсібін ашуға ниеттегендерге білікті бизнес-тренерлер дәріс беріп, кәсіпкерліктің қыр-сырына үйретеді. Мәселен, Көксу ауданы бойынша биылдың өзінде 60-қа жуық тұрғын қайтарымсыз грантқа ие болған.

Айгүл АЙМАНБЕКОВА
Көксу ауданы

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ

Құрыш білектің құдіреті

«Жаман жұмыс болмайды, жаман жұмысшы болады» дейтін мектептегі ұстаздарымыз. Әлбетте, мамандықтың бәрі бағалы. Алайда өзі қалаған мамандығын жан-тәнімен түйсініп, оның қиындығына төзе білгендер ғана белгілі нәтижеге жетеді. Сол қатарда құрылысшы мамандығын жанына серік еткен жандарға ерекше ризашылық білдіруге болады. Себебі, кейінгі жылдары мемлекеттік бағдарламаларды табысты іске асырудың арқасында облыс экономикасы нығайып, инфрақұрылым жақсарды. Облыстың қалалары мен ауылдарының өмір сүру деңгейі мен келбетін едәуір жақсартатын жаңа әлеуметтік және мәдени нысандар, мектеп, балабақша, тұрғын үй, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандары көптеп бой көтерді. Ал жұртқа қуаныш сыйлаған осы нысандардың қаз тұруына қаражат мәселесі басты орында тұрады десек те, тағанынан бастап, шатырына дейінгі барлық жұмысты атқаратын құрыш қолды құрылысшылардың үлесі көп екенін мойындаймыз.

Қажет АНДАС

Бүгінде облыс аумағының тұсында құрылысшылардың таңбасы қалған талай сәулетті бой көтерді. Биыл облыстық әкімдігінің бюджетінің көлемі д. теңгені құрады. Бөлінген қа 734 нысанның құрылысы рланған. Сондай-ақ, биыл санды тапсыру көзделсе, 112 елесі жылы ел игілігіне ұсы- л басынан 48 нысан пайдала- .

рдағы ең ірі нысандардың бірі дықорған қаласындағы олим- иптегі жабық жүзу бассейнін ады. Жоба мемлекеттік-жеке ктестік аясында жүзеге асы- оның іске асырылу барысын ысы жеке өзі қадағалады. Ір- даудан бастап, іргелес аумақты руға дейінгі жұмыстардың қ басшысының назарынан тыс

ған ғимарат қаланың төрінде тар жерге қанатын жайды. маратттың жалпы ауданы 13 аршы метрден асады. Жүзу інің құрылысына 11,4 млрд. н астам қаражат жұмсалды. дай әсем де әдемі, зәулім рттық нысанның бой көтеруі л экономикасы дамуының ын көрінісі. Жабық бассейн- жалпы ауданы 27 мың шаршы рді құрайды. Онда әлемдік ндарттарға сәйкес келетін 3 бассейн бар. Олардың бірі – ұзындығы 50 метр, жүзу, аквааэробика, су добы және синхронды жүзу бойынша оқу-жаттығу сабақтарына ар- ған. Ал екіншісі биіктігі 5-тен метрге дейін суға секіру үшін алған. Онда республикалық не халықаралық деңгейдегі жа- стар өтеді, оларды амфитеатр нбелерден 500-ден астам адам ады.

шылардың айтуынша, ғима- сәулеті көрермендер жүзу- р қимылын қадағалай ала- етіп жоспарланған. Мұнда ло мен синхронды жүзуден не облыстық командалар құ- ылайша, спорттың су түрлері олашақ чемпиондарды тәрбие- а біршама жұмыс атқарылады. сейін 750 адамға дейін қабыл-

аңда бассейн болашақ спорт- қабылдай бастады. Нысанға еп келген әрбір жас сәулеті аты жарасқан ғимаратқа таң- Орта Азия елдерінде баламасы имарат болашақта ел намысын етісудың даңқын аспандататын талай спортшының бағын ашатындығы анық. Ал сол таланттар өз кезегінде болашағына жарқын жол ашқан осындай ғимарат тұрғызуға қолдау танытқан ел ағалары мен ғимаратты салуға барынша үлес сіңірген құрылысшыларға алғыстарын айтатын болады.

Бассейннен бөлек, биыл халыққа қызмет көрсететін тағы біраз нысан ел иігілігіне тапсырылды. Сол қатарда елімізде баламасы жоқ 288 орынды студенттер жатақханасын айрықша атап айту керек. Сондай-ақ, үш колледжге, атап айтқанда, Талдықорған медколледжіне 280, политехникалық колледжіне 200, Бастөбе сервистік колледжіне 50 орынды жатақхана салынып, пайдалануға берілді. Осы нысандарда да құрылысшылардың қол табы сайрап тұр.

Денсаулық сақтау саласының жағдайы да назардан тыс қалған жоқ. Биылдан бастап Жамбыл ауданындағы Үңгіртас және Қарасу ауылдарында ашылған жаңа амбулатория тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсететін болды. Үңгіртас ауылының емханасында 58 ем-дом бөлмесі бар. Олардың арасында ересектер мен балаларға арналған қабылдау бөлмесі, стоматолог, гинеколог, терапевт кабинеті, зертхана, таңу, фельдшерлік, акушерлік пункттер және күндізгі стационар бар. Сонымен қатар, Іле ауданының Ащыбұлақ ауылдық округінде Елорда күніне орай 650 орындық «Montessori akademy» жекеменшік мектебі ашылды.

Мектепте информатика, әдебиет, музыка кабинеттері, би залы және спорт залы бар. Мектепішілік өнерді дамыту басты мақсат болғандықтан суретшілерге арналған жеке бөлме бар. Ал Текелі қаласында Жоңғар Алатауының баурайында орналасқан жаңа «VUSLAT» қонақүй кешенінің лентасы биыл қиылды. Қонақүй кешенінің құрылысына 200 млн. теңге инвестиция тартылып, 12 тұрақты жұмыс орны ашылды. Әрине, жоғарыда аталған нысандарда білім қуған жастарға керекті барлық жағдай жасалған. Демек, заманауи нысандардың сәулетін жарастырған да құрылысшылар екенін естен шығармағанымыз абзал.

Елорда төрінде журналистердің сұрағына жауап берген облыс әкімі Амандық Баталов: «Нұрлы жер» бағдарламасын жүзеге асыру жалғасуда. Мәселен, биыл 1 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарланған. 2603 пәтерлік 521 тұрғын үй салынып жатыр, соның 1212-сі көпбалалы отбасыларға берілмек. Сонымен қатар жеңілдіктер қарастырылған «7-20-25», «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ 5-10-20» бағдарламаларымен 1986 отбасы пәтерлі болмақ», – деген еді. Бүгінде аталған жұмыстың дені орындалып, атқарылған істің игілігін жерлестеріміз көре бастады. Соның бірқатарына үңіліп көрсек.

Жуырда Талдықорған және Қапшағай қалалары мен Еңбекшіқазақ, Іле аудандарында 200 отбасы баспаналы болды. Нақтылап айтар болсақ, Талдықорған қаласының «Көктем» шағынаудандында бесқабатты үй «Нұрлы жер» бағдарламасын жүзеге асыру аясында салынды. Үйдегі пәтерлердің жалпы саны 55, оның ішінде 15 бір бөлмелі, 15 екі бөлмелі, 20 үш бөлмелі, 5 төрт бөлмелі үй. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшылары «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша пәтерлерге ие болды. Сондай-ақ, Еңбекшіқазақ ауданының Есік қаласында 30 отбасы пәтер кілттеріне ие болса, қапшағайда 50 отбасылық, Өтеген батыр ауылында 60 пәтерлі көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді.

Үйдің жанында балалар алаңы салынып, тұрғындар үшін барлық жағдай жасалған. Биылғы жыл аймақтағы елдің тыныштығын, тұрғындардың қауіпсіздігін кепілдендіріп жүрген құқық қорғау органы қызметкерлерінің де баспаналы болып, қуанышқа кенелгенімен айшықталды. Облыс басшысының тапсырмасымен құқық қорғау органдары қызметкерлеріне 60 пәтерлі үй салынып, қолданысқа берілді.

Алдағы уақытта Талдықорғандағы 6,7,8 шағынаудандарында және коттедж қалашығында мемлекеттік бюджет және жеке инвестиция есебінен жалпы ауданы 120 мың шаршы метрден асатын 35 көпқабатты тұрғын үй және 204 коттедждің құрылысын аяқтау көзделіп отыр. Осылайша мемлекеттік бағдарламалар нәтижесінде халықты тұрғын үймен қамту жұмыстары жылдан жылға қарқын алып, түспек. Мейлі, қандай нысан бойынша көтерсе де, ең алдымен, құрылысшылар еңбегін бағалауымыз керек.

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ «BI Group» компаниясының өкілдерін қабылдаған кезде: «Біз сіздерді біраз жылдан бері білеміз. Бұрындары компанияларыңыз облыста болмаған. Енді, міне, сіздердің құрылысшыларыңыздың еңбегімен облыс орталығында небір көз тартарлық әдемі ғимараттар бой көтеріп, қала сәнін кіргізуде. Мәселен, жаңа салынған театрдың өзі шаһарға қандай көремет көрік беріп тұр?!» – деп құрылысшылар еңбегін жоғары бағалаған болатын.

Қысқасы, облыс экономикасының өсуінде, елді мекендердің дамуында, халыққа қызмет ететін заманауи нысандардың көптеп бой көтеруінде құрылысшылардың арқалайтын жүгі ауыр. Сондықтан, аталған мамандық иелеріне жұртшылықтың алғысы мол.



Ғасырлық жоба

Құрыш білекті құрылысшылардың еңбегін бірауыз сөзбен түйіндеуге болмайды. Олардың ел экономикасына қосып жатқан үлесі ұшан-теңіз. Құрылысшылар болмаса, өндіріс орындары, жол, сапалы тұрғын үй, мектеп, аурухана салынбас еді. Яғни, құрылысшыларсыз алға жылжу мүмкін емес. Олар ғасырлық маңызы бар тарихи жобаларды жүзеге асырудың да басы-қасында жүреді. Аталмыш маман иелерінің кәсіби мерекесінде Алматы қаласының маңында басталған оңтүстік онжылдықтағы ең ірі жобалардың бірі – Үлкен Алматы айналма жолының (БАКАД) құрылысы жайлы тарқатып айтып көрейік.

Үлкен Алматы айналма жолын айтпас бұрын Алматының Түрксіб ауданын, сондай-ақ, Іле ауданының Покровка ауылын облыс орталығымен, Өтеген батыр кентімен байланыстыратын көпірге тоқталғанымыз жөн. Бұл күнде күші Алматы өзені арқылы өтетін осынау жол өзінің маңыздылығымен тарихта қалды. Бұл жол 1972 жылы салынған және жарты ғасырға жуық уақыт бойы жақсы қызмет етті. Ол кезде бұл екі жолақты көпғалысы бар, бетон тіректерге салынған өте замануи құрылым болды. Бұл көпірдің сол оң қапталында сонғы кейін салынған тағы бір көпір бар еді. Бүгінде бұл жерде уақытша айналма жол салынды, оның бойымен Алматыдан және қалаға кері қарай қысыз көлік ағыны сақталған. Қазіргі таңда Үлкен Алматы айналма жолының құрамдас бөлігі ретінде Покровкада құрылыс басталды.

Алматыны айналатын алып жолдың жобасы 10-15 жылдан бері айтылып келе жатыр. Жобаның жалпы құны 150 миллиард теңгеден асады. Ол концессиялық негізде, яғни, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікпен жүзеге асады. Ұзындығы 60 шақырымнан асатын көпжолақты жол Алматының шығыс, солтүстік және батыс шетінен, яғни, іргелес Қарасай, Талғар және Іле аудандарынан, 14 елді мекеннен өтеді. Ал құрылыс аяқталғаннан кейін бұл жол «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық магистралімен тепе-тең болады. Құрылысты Alsim Alarko және Mayol Inshaat (Түркия) шетелдік компанияларының консорциумы, сондай-ақ SK Ecoplant және Korea Expessway Corporation (Оңтүстік Корея) жүргізеді.

Нысанда қазақстандық компаниялар да жұмыс істейді, біз олардың бірінің өкілдерімен жұмыс орнында, Өтеген батыр ауылының киреберісінде сөйлесуді жөн көрдік.

«L-VESA» ЖШС прорабы Олег Ерденбеков: «Біз түрік жол құрылысы компаниясының қосалқы мердігеріміз. Біздің міндет – бұл Покровка көпірін қысқамерзімде бұзу. Біз айналма жол салдық. Жабдықтар, адамдар, тәжірибе бар, объектіде кідіріс жоқ. Бұл жерден батысқа қарай ұзындығы шамамен 700-800 метр болатын жаңа эстакада өтеді. Енді бас мердігер тереңдігі 20 метрден 30 метрге дейінгі диаметрі 1,5 метрлік монолитті бетонды бағаналарды құюға дайындық жасап, қазба және бұрғылау жұмыстарын жүргізуде. Шамамен бір жылдан кейін бұл жерде эстакада болады», – деді.

Олег, сонымен қатар, 20 жылдан астам құрылыста жүргенін, облыстағы және Алматыдағы түрлі нысанда жұмыс істегенін айтты. Атап айтқанда, өңдеу, асфальт төсеу, жол жөндеу жұмыстарын сапалы атқарған. Ол өкілдік ететін ЖШС Талғарда орналасқан.

– Біздің жұмыс жүйелі ұйымдастырылған. Мамандар үшін жақсы жағдай жасалған. Жалақының кешігуі ешқашан болмайды. Міне, сондықтан адамдар өз жұмыс орнын бағалайды, көпшілігі осы жерден лайықты демалыс үшін кетеді. ЖШС басшысы – жас, перспективалы көшбасшы, үшінші буындағы құрылысшы Алексей Белозеров есімді азамат. Осы сәтті пайдалана отырып, мен барлық әріптестерімді Құрылысшылар мерекесімен құттықтап, зор денсаулық және жаңа шындарды бағындыруды тілеймін, – деді О. Ерденбеков сөз соңында.

Талдықорғанда барлығы 620 заманауи коттедж салу көзделген. Оның басым бөлігі бүгінде пайдалануға беріліп қойған. Облыс орталығында бұдан өзге қаншама көрікті нысандар көз сүйсінтіп, қала күннен-күнге ажарланып келеді. Құрылысшылар күніне орай облыс орталығына сән берген үйлердің қалай бой көтеріп жатқанына тоқталуды жөн көрдік.

Рамазан ЕЛЕШЕВ

Іле ауданы

Жылда тамыздың екінші жексенбісі Құрылысшылар күні ретінде аталып өтеді. Аталмыш күнге орай құрылыс заттарын шығаратын кәсіпорынның тыныс-тіршілігімен танысып қайттық.

Сапалы үй саламын десеңіз...

Өткен жылдан бергі індет жағдайына байланысты кейбір құрылыс материалын тасымалдайтын кәсіпкерлердің жұмысы тоқырап, шетелдерден жеткізілетін материалдар шегарадан бері аспай қалды. Десе де, отандық құрылыс материалдарын өндіретін ірі және шағын кәсіпорындар құрылыс жұмысының іркіліссіз жүруін қамтамасыз етіп келеді. Сол қатарда Еңбекшіқазақ ауданының 28 жасар тұрғыны Ермек Сұңқарбекұлы бүгінгі таңдағы құрылысқа ең керекті газоблоктар, приторлық блоктар мен брусчаткалар шығаратын екі шағын кәсіпорынды іске қосты.

Алғашқы зауыт өткен жылы Талғар ауданында салынған, 0,3 гектар аумақта өндірістік цех, қойма үй-жайы, ұңғыма, өнімдер сатылатын шағын дүкен орналасқан. Жалпы ауданы 1 гектар жерді алып жатқан екінші цех осы жылдың мамыр айында Боралдай ауылында ашылды. Күн сайын зауыттарда 50 шаршы метрден брусчаткалар, 240 дана газоблок және 1200 приторлық блок шығарылады. Екі кәсіпорында 17 адам жұмыс істейді.

– Осыған дейін мен құрылыс компаниясында жұмыс істедім. Тәжірибем болды. Блоктарға сұраныс бар екеніне, кәсіп жүргізуге мүмкіндіктің барына көзім жетті. Осылайша өз ісімді ашу туралы идея пайда болды. Еңбекшіқазақ ауданындағы Кәсіпкерлер палатасы арқылы «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жобасына қатысуды шештім. Алғаш рет 200 АЕК көлемінде грант, кейін 6 млн. теңге көлемінде 6 пайызбен жеңілдетілген несие алдым. Сонымен бірге, «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында инновациялық жоба ретінде 2 млн. теңге көлемінде грант жеңіп алдым. Осы қаражатқа мен блоктар, төсемдер, басқа да жабдықтар шығаратын станоктарды сатып алдым. Жабдықтардың барлығы отандық өнім, тек приторлық блоктар шығаратын станок Қытайда жасалған. Өндіріске арналған шикізат жергілікті карьерлер мен цемент зауыттарынан жеткізіледі, – деді кәсіпкер.

Ермектің айтуынша, өндіріс пен сату маусымы наурыз айында басталып, қазан айының соңына дейін жалғасады. Өнімдердің көпшілігін жеке азаматтар сатып алса, қалғаны шамамен 30 пайызын мемлекеттік және бизнес құрылымдары қажетіне жаратады. Шығарылған заттардың сапасы да жоғары, сызат түспейтін, бұзылмайтын үй салам десеңіз осы зауытқа сенім артуға болады.

Алдағы уақытта кәсіпкер өндірісті кеңейтіп, өнеркәсіптік база салуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, қызмет көрсету және туризм салаларында дамуға ниетті екенін айтты.

К. ОМАРАҚЫН

Тотыдайын таранған

Тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланған Талдықорғанның қай тұсына назар аударсаң да айрықша сұлулығымен көз тартатын әсем ғимараттар мен сарайлардың, көпқабатты тұрғын үйлер мен өнеркәсіптік кешендердің көптеп салына бастағанына куә боласың.

Жасыл желекке оранған қаламыз жыл сайын бой түзеп, жаңарып заманға сай мекемелер бой көтеріп, жаңа ғимараттардың саны көбеюде. Басқа шаһарлардан ерекшеленіп тұрған қаламыздың көрінісі көпшіліктің қуанышын еселей түседі. Жер жаннаты Жетісудың жыл өткен сайын жаңаруы, ең алдымен, құрылысшылардың ерен еңбегі!

Жетісу құрылысшылары облыс тұрғындарының баспана мәселесін шешу үшін қарқынды жұмыс істеуде. Оған Талдықорғанда жыл сайын қосылатын шағынаудандар дәлел. Соңғы бес жылда облыс орталығында бұрын-соңды болмаған құрылыс ауқымы мен қарқыны байқалды. Негізгі күш коттеджді қалашық пен оңтүстік-батыс тұрғын алабына салынған. Жалпы, жоба бойынша жақын арада Алматы тасжолының бойында 620 заманауи коттедж бой көтереді. Айта кетейік, 2019 жылдан бері қалада 35 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салынып, 400-ге жуық отбасы шаңырақ шаттығына бөленді. Облыс әкімінің бастамасы бойынша тұрғын үй бөлу кезінде көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған азаматтарға, жалғызбасты аналарға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға, яғни, халықтың әлеуметтік осал топтарына басымдық беріледі.

Жақын арада бұл қалашықта 900 орынды жаңа мектеп пен 300 орынды балабақша ашылады деп жоспарлануда. Оған ауданы 300 шаршы метрден асатын стадион құрылысын қосыңыз. Алаң аумағында футбол, баскетбол және волейбол ойнауға мүмкіндік туады. Балаларға арналған ойын алаңдары да ашылады. Уақыт өте келе саяжай қауымдастығында барлық қажетті инфрақұрылымдық объектілер пайда болады, оның ішінде, орман мен саябақ екпелері бар.

Қаланың оңтүстік-батыс аймағына келетін болсақ, қазір мұнда отызға жуық үй салынып жатыр. Олардың ішінде әртүрлі биіктіктегі көп корпусты кешендер мен әкімшілік ғимараттар бар. Жұмысқа «Риголит» ЖШС, «Стройсервис-97» ЖШС және «TsA NiPi TransNeft» ЖШС сияқты ірі мердігерлік компаниялар тартылды. Құрылыс уақытын тапсырыс беруші Талдықорған қалалық құрылыс бөлімі бақылайды. Конструкторлық және техникалық бақылауды жергілікті мамандандырылған фирмалардың өкілдері жүзеге асырады.

А. НАЗАРҰЛЫ



Jetisý
@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ХАЛЫҚ САНАҒЫ 2021 ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

Халық санағы – барлық азаматтардың қатысуымен жүзеге асырылатын маңызды іс-шара. Ол демографиялық, экономикалық және әлеуметтік деректер жинауға мүмкіндік береді. Санақ нәтижелері халықтың тұрмыс деңгейін анықтап, мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу, білім, жұмыспен қамту, туу және көші-қон мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау үшін аса қажет.

МАҢЫЗДЫ НАУҚАНҒА МӘН БЕРЕЙІК



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 маусымдағы №419 қаулысына сәйкес 2021 жылғы 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі кезең аралығында елімізде Ұлттық халық санағы өтеді. Ел азаматтары санаққа алғаш рет онлайн қатыса алады.

Санақ жұмыстарын өткізу үшін уақытша қызметке адамдар тартылады. Олардың көпшілігі интервьюер қызметін атқарып, үйлерді аралап, азаматтармен тікелей жұмыс істейді. Интервьюерлерді тану қиын емес, олардың көк түсті, халық санағының белгісі бейнеленген мойнорағашы мен портфелі болады. Әрбір қызметкер өзінің қызметтік куәлігін көрсетеді, мұнда оның фотосуреті, тегі, аты, әкесінің аты, куәліктің берілген уақыты мен жарамдылық мерзімі, сондай-ақ, аумақтық статистика бөлімшесінің қолы мен мөрі болады.

Ұлттық халық санағы үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі осы жылы маусым айының 1-і мен 30-ы аралығында өтті. Бұл дайындық кезеңі болып саналады. Бұл кезде интервьюерлер тұрғындардың санын анықтау мақсатында әрбір елді мекенді, ондағы тұрғын жайлар мен үйлерді аралап, олардың тізімін және тұрақты тұратын тұрғындардың санын нақтылады.

Халық санағын өткізу кезінде облыс бойынша 3691 адам уақытша жұмысқа орналастырылады. Оның ішінде 820 адам ағымдағы жылғы 1-30 маусым аралығында өткен санақтың 1-кезеңіне тартылды. Яғни, 145 уәкілетті, 90 нұсқаушы-бақылаушы 585 интервьюермен келісімшарт жасалып жұмысқа тартылып, оқыту семинарлары өткізілді. Үәкілеттілер 1 наурыздан, нұсқаушы-бақылаушылар 25 мамырдан бастап, 8 шілдеге дейін 45 күн, ал интервьюерлер 1-інен 30-шы маусымға дейін 30 күн жұмыс істеді.

Күзде өтетін санақтың екінші негізгі кезеңіне 3016 қызметкер тартылады. Оның ішінде сол 145 уәкілетті, 2512 интервьюер, 359 нұсқаушы-бақылаушы жұмыс істейді.

Өңірлерде интервьюерлерді жинауды арнайы құрылған комиссия жүзеге асыруда. Интервьюерлердің толықтай вакцина алуы қадағалануда. Олар жеке қорғаныш құралдарымен қамтылатын болады.

Бүгінгі күнде барлық дайындық іс-шаралары өткізілді. Халық санағын өткізу үшін 91 сұрақтан тұратын 4 санақ парағы әзірленді.

Биылғы Ұлттық санақтың жаңалығы заманауи цифрлық технологиялар және процестерге автоматтандыру енгізу болып табылады. Санақ процесін автоматтандыру үшін қағаз тасымалдаушылардан толық бас тарта отырып, цифрлық технологиялар қолданылатын болады. Санақ екі тәсілмен жүргізіледі: sanaq.gov.kz арнайы сайтындағы интернет-сауалнама арқылы 45 күн ішінде интернет-сауалнама жүргізу және электронды планшеттерді қолдана отырып, интервьюерлерге әдеттегі жаппай сауалнама жүргізу. Қосымша Aitu Messenger отандық мобильді қосымшасы арқылы санақтан өту мүмкіндігі берілетін болады. Респонденттер Халыққа қызмет көрсету орталықтарында, әкімдіктерде, пошта бөлімшелерінде, мектептер мен сауда орталықтарында орналасатын арнайы ұйымдастырылған нұсқаулық учаскелерде санақтан өте алады.

Халық санағының еліміз үшін маңызды шара екендігін көпшілікке жеткізіп, ақпараттандыру мақсатында жаппай түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

1 қыркүйектен Ұлттық халық санағы басталды. Еліміздің болашағына бейжай қарамайтын әрбір адам оған белсенді түрде қатысады деген ойдамыз. Ұлттық халық санағына онлайн қатыса алмайтындар үшін интервьюерлер үйлеріңізге барып қызмет көрсетеді. Осы ретте Ұлттық халық санағы 1 қыркүйектен 15 қазанға дейін 45 күн онлайн форматта өтетінін, ал интервьюерлер 1-30 қазан аралығында планшетпен үйүйді аралайтынын еске саламыз. 31 қазан мен 7 қараша аралығында бақылау жұмыстары жүргізіледі, респонденттердің 10%-ын аралап, деректердің қамтылуы мен дәйектілігі тексеріледі.

Қазақстанда әрбір адамның өзіндік орны бар. Сондықтан халық санағы мемлекет үшін де, жекелеген адам үшін де аса маңызды қадам болып табылады.

Ұлттық санақ – ертеңгі өмірімізге жарқын жол ашатын үлкен науқан. Баршаңызды осынау іс-шараға атсалысады деп сенеміз. Еліміздің еңсесі биік, іргесі бүтін болсын! Қазақстанның әрбір азаматы биік тұғырдан орын алсын дейміз.

Азат ХАМИТОВ,
облыстық статистика департаментінің басшысы

БАСПАСӨЗ ТУРЫ



"ДАМУМЕН" БІРГЕ ДАМУ

Бизнесті мемлекет тарапынан қолдау кәсіпкерлік секторды ынталандырып, дамытуда үлкен рөл атқарады. Осы тұрғыдан келгенде жетісулық кәсіпкерлер бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасына белсене қатысып, өздерінің мүмкіндігін толық пайдалануда. Әсіресе, мұндай қолдау өткен жылдан бері орын алған пандемия жағдайында қалыпты жұмысына кедергілер кездескен кәсіпорындар мен бизнес суъектілерінің жұмысын жетілдіруге үлкен серпін берді. Бұған «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры облыстық филиалы ұйымдастырған баспасөз туры аясында көз жеткіздік.



Қажет АНДАС

Баспасөз туры басталмас бұрын «Даму» қорының аймақтық филиалында «Алматы облысында шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру шаралары» тақырыбында баспасөз конференциясы өтті. Онда өңірлік филиал директоры Әбілахат Балтаев «Даму» қорының жетісулық кәсіпкерлерді қаржылай қолдау нәтижелері туралы айтып берді.

Оның айтуынша, осы жылдың бірінші жартыжылдығында облыста жалпы несие сомасы 60,2 млрд.теңгені құрайтын 775 жоба субсидияланған. Олардың ішінен «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша 31 млрд. теңгеге 163 келісімшарт, «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасы бойынша 20 млрд. теңгеге 9 келісімшарт қолдау тапқан. Биыл ішінара кепілдіктердің өсуі байқалыпты. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығына кепілдік бойынша кәсіпкерлердің жалпы сомасы 20 млрд. теңге болатын 757 жобасы қолдау тауыпты. Олардың ішінен «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында несиелендіру сомасы 12,5 млрд. теңге, кепілдік сомасы 4,4 млрд. теңгені құрайтын 83 жоба «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасы аясында несиелік сомасы 6,9 млрд. теңге, кепілдік сомасы 3,2 млн. теңге болатын 9 жоба қолдау тапқан.

Әрине, осының өзінен-ақ, аймақтағы кәсіпкерлерге қаншалықты деңгейде мемлекеттік қолдау көрсетіліп отырғанын білуге болады. Баспасөз конференциясынан кейін журналистер аймақтағы түрлі қызмет саласында өздерінің бизнес-идеяларын іске асырып жатқан үш кәсіпорынды аралап, олардың жұмыс барысымен танысып, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі туралы біліп қайтты.

Журналистер ең алдымен Іле ауданының Өтеген батыр кенті, Жеруйық көшесі, 13 мекенжайында орналасқан полиэтиленнен жасалған сапалы құбыр жүйелерін өндіріп, жеткізетін отандық қуатты кәсіпорындардың бірі «Pipe-Plast Company» ЖШС-не барды. Аталған өндіріс орны суды (диаметрі 16-630 мм) және газды (диаметрі 16-630 мм) тасымалдауға арналған полиэтилен құбырларын шығарады. Барлық өнімдер Қазақстанда енгізілген халықаралық ISO стандарттарына сәйкес. 2012 жылғы World Quality Commitment Paris бен 2013 жылғы International Quality Summit New York байқауының жеңімпазы. 2021 жылы компания ForteBank АҚ арқылы айналым қаражатын толықтыруға 14%-бен несие алды.

Жобаны «Даму» Қоры «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік қолдау және кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында қолдап, пайыздық мөлшерлемесінің 8%-ын субсидиялады. Аталған қордың көмегі кәсіпорынның өткен бір жылдағы қиындықтан қиналмай шығуына үлкен серпін берген көрінеді. Бүгінде өндіріс орны 40-тан астам адамды жұмыспен қамтумен қатар, аймақты су және газ құбырларымен қамтамасыз ету үшін барын салуда.

Келесі нысан Қоянқұс ауылындағы еліміздегі желдету жабдықтары мен климат технологияларды шығаратын жетекші және жалғыз кәсіпорын «АВЗ» ЖШС болды. Қазірдің өзінде зауытта 150-ден астам адам жұмыс істейді. Айта кетерлігі, «АВЗ» ЖШС шығаратын желдету жабдықтары құрылыс каталогтары мен анықтамалықтарына енгізілген. Жобалаушылар мен кәсіпорындардың техникалық қызмет бөлімдері жаңа құрылыс жоспарлаған кезде немесе ғимараттарға жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде оны міндетті түрде басшылыққа алады. Жалпы өндірістік және түтін шығаратын желдеткіштер, өрттен сақтайтын, түтінді кетіретін өндірістік клапандар, орталық жақтау панелінің жабдықтау камералары, ауаны жылыту жүйелерінде қолдануға арналған тор, сүзгі, демпферлер, тағы да басқа желілік элементтер шығарады. Биыл аталған кәсіпорынға «Нұрбанк» АҚ айналым қаражатын толықтыру үшін 100 миллион теңге көлемінде несие берді. «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында 38,9 млн. теңгеге кепілдік бере отырып, жобаны қолдады. Сондай-ақ, аталған бағдарлама аясында субсидиялап, мөлшерлемесін 14%-дан 6%-ға дейін төмендетті.

Ең соңында «Қазақстан алюминийі» ЖШС-де болдық. Ол еліміздегі «Hoffmann aluminium» сауда белгісімен алюминий профильдерін өндірумен маманданған үш көшбасшы кәсіпорынның бірі. Сондай-ақ, алюминий профильдерін шығаратын жоғары технологиялы толық циклді зауыт. Зауыт алюминий құйып, профильдерді бояудан бастап, қаптауға дейінгі өндіріс басқыштары механикаланып, автоматтандырылған жоғары деңгейлі ең заманауи қондырғылармен жабдықталған. Осындай заманауи технологияның көмегімен өндірістің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін электр мен газ тұтыну көрсеткіші айтарлықтай төмендетілген. Мамандары жоғары білікті, Түркияның ең ірі ғылыми орталығымен бірлескен зерттеулер жүргізіп, әлемдік танымал өндірушілердің тәжірибесін зерттейді. «Қазақстан алюминийі» ЖШС-нің заманауи өндірістік жабдықтармен қатар өзінің техникалық бөлімі бар, онда жаңа жүйелер мен профильдер әзірленеді, зерттеулер мен өнім сапасын бақылау өндірістің барлық кезеңінде жүргізіледі. Қазіргі уақытта өндірісте құю, пресс, бояу, анодтау сияқты 4 цех бар. Онда алюминий профильдердің 1000-нан аса түрі өндіріледі. Аталған компания «Сбербанк» АҚ ЕБ-тен 500 млн. теңге көлемінде 14%-бен несие алды. Несие «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында субсидияланып, қазір кәсіпорын төлейтін мөлшерлеме 6%-ды құрайды. Сондай-ақ, «Даму» қоры 250 млн. теңгеге кепілдік беріпті.

Жалпы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кәсіпкерлікті қолдау шараларының негізгі операторы және интеграторы болып саналады. Қор бағдарламалары үш негізгі бағытта жүзеге асады. Ең алдымен кәсіпкерлер үшін қаржыландыру көлемін ұлғайту және қолжетімділігін арттыруды көздейді. Кәсіпкерлер секторының әртараптануына көмек көрсету және оның индустриалды-инновациялық дамуын қолдайды. Жаңадан жұмыс бастаған кәсіпкерлерді және шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпорындардың менеджментін оқыту, шетелде машықтану, сервистік және ақпараттық қолдау негізіндегі кәсіпқойлығын арттыруға көмек береді. Біз бір күндік баспасөз туры барысында кәсіпорындардың осы мүмкіндікті толық пайдаланып жатқанын көрдік. Сондай-ақ, кәсіпорындардың тыныс-тіршілігімен танысып, олардың ел экономикасын дамытып, әлеуметтің әлеуетін еселеп, бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатып жатқанына көз жеткіздік.

Іле ауданы

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



Тегін газ құбырын тартты

Өңірімізде жанашырлық танытуға әзір тұратындардың қатары көбеюде. Осы орайда ауданда жасалып жатқан бірқатар қайырымды істер легін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Ауданға газ келетін күн жақындаған сәтте тұрғын үйге газ тартумен айналысатын «СтройПроектЛидер» ЖШС жақсылық жасап, сауапқа кенелуде. Толығырақ айтсақ, аталмыш серіктестік басшысы Еділ Орманов пен серіктестіктің аудан бойынша аға менеджері Әуесхан Әбдібаевтың демеушілігімен Ақдала ауылының тұрғыны, бес балалы, жалғызбасты әке Ернат Саймасаевтың үйіне газ құбыры тартылды. Осылайша, үйіне газ құбырының тегін тартылғанына қуанған, серіктестікпен келісімшартқа қол қойған көпбалалы әке табиғи газға еш кедергісіз қосылатын Ақдала ауылындағы алғашқы отбасылардың бірі болмақ.

Ендігі кезекте қайырымды жандар көмекке мұқтаж тағы екі отбасыға демеушілік көрсетеміз деп отыр. Сонымен қатар, Бақанас ауылындағы мүмкіндігі шектеулі он адамның баспанасына газ есептеуіш құрылғысын тегін орнатты. Аудандағы бірнеше отбасыға демеушілік жасаған Еділ Талғатұлы мен жерлесіміз Әуесхан Әбдібаевқа айтар алғыс көп. Бұл жақсылық басқа да игі істерге бастама болады деген сенімдеміз. Сондай-ақ, серіктестік тұрғындарға үйлер мен коммерциялық нысандарды газдандыру бойынша қызметтер ұсынады.

Газбен қамтамасыз ету саласы бойынша ақысыз кәсіби кеңес алуға мүмкіндік бар. Осыған байланысты әртүрлі сұраққа жауап алуға болады. Тұрғын үйлерге «СтройПроектЛидер» ЖШС арқылы газ құбырын тартуға ниет білдірсеңіздер 87714548415 ұялы байланыс телефоны арқылы хабарласуға болатынын назарға ұсынамыз.

Алтынай ТАЛҒАТҚЫЗЫ

Балқаш ауданы

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№98
(18950)

Seısenbi,
7 qyrkúıek,
2021 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

Қазақ халқы – ежелден сөзге тоқтаған, сөз өнерін бар өнердің биігі санаған дана халық. Сондықтан да, қазақ тарихында ұлағатты сөзі арқылы бүгінге жеткен тұлғалар көп. Арысы Асан Қайғыдан, берісі Абайға дейін жүлгесінен жаңылмай келген шұрайлы тіліміз кеңестік кезеңде қиянатқа ұшыраса да қаламын қару еткен нар тұлғалы қаламгерлердің еңбегінің арқасында қазақ әдебиетінің алып шығармалары өмірге келді.

СӨЗ ӨНЕРІНЕ СЕРПІН БЕРДІ

Кеңестік дәуірде әдебиетіміз тоталитаризмнің зілмауыр идеологиялық қысымына төтеп бере отырып, үнемі халық қозғалысының алдыңғы сапында болғаны, дүниежүзінің қабырғалы әдебиетінің қатарына қосылғаны мәлім. Ол ділімізді тазартумен қатар сан қилы қыспаққа ұшыраған қазақ тілін сақтап қалу үшін үлкен рөл атқарды. Десе де, бодандық жағдайында көп шындықтың қозғаусыз қалғаны да белгілі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиетіне тың серпін келді. Әсіресе, қаламгерлердің ұлттық бояуы қанық еңбектері оқырманға жол тартып, кенжелеп қалған ділімізді тазартудың даңғыл жолын ашты. Олай дейтінім, осы отыз жылда қазақ қаламгерлері экономикалық, әлеуметтік қиындықтарды еңсере отырып, ұлтымыздың тарихына, мәдениетіне, ұмыт болған салт-дәстүрі мен қалтарыста аттары аталмай қалған тұлғаларымыздың елжандылығын бейнелеген алып шығармаларды өмірге әкелді. Жастар жадынан алыстап қалған ата-бабаларымыздың асқақ ақыл-парасатының ұшқыны халқымен қайта қауышты. Сол қатарда өзімнің де азды-көпті еңбек еткенімді қоса кетсем, айып болмайтын шығар.

Тарихи роман – халық өмірінің өткен-кеткенінің айнасы. Халықтың белгілі бір дәуірдегі көркемдік эпопеясы. Тәуелсіздік жылдарындағы қаламгерлер осы алып идеяны көкейіне мықтап қондырып, өткен ғасырлардағы ел-жұрт тірлігін жан-жақты көрсетуге ұмтылды. Ұлы тарихи бетбұрыстардың жаңғырығын хан, батыр, билердің ғана емес, қарапайым адамдардың күнделікті өмірінен алуға тырысады. Сол қатарға «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы» атты романдарым арқылы өзімнің ой-пайымымды қосқанымды қаламгерлік парызымның бірі деп санаймын. Осы дүниелердің жазылуына, еркін көсіліп, ел жоғын жоқтауға ұмтылғанына, әрине, тәуелсіздік деген ұғымның қаламыма қарым бергенін несін жасырайын?

Кейінгі жылдары кезінде ел тағдыры талқыға түскенде атқа қонып, ауыл-аймағын аман сақтап қалу үшін жанкештілік танытқан тұлғалар ерлігі қайта жаңғыра бастады. Ол жолдан да енші алып, Құндақбай батыр жайлы кесек туындымды оқырманға ұсынып, осы бағыттағы еншімді бердім. Бұл – да еркін елдің еңсесі биіктегендігінің белгісі. Тек мен емес, қалам ұстаған әріптестерімнің де осындай кемел дүниелері жарық көрген сайын жоғымыздың табылып, өшкен шырағымыздың қайта жанғанына шүкіршілік етіп отырамын.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы болса, бізден кейінгі буын қиялымыз шалмаған, назардан тыс қалған тағдырлы дүниелерді қаламына арқау етіп, халқымен қауыштыра беретіні анық.

Ұзақбай ДОСПАНБЕТОВ,
жазушы,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

БІР АУДАННАН ҚОС ХАБАР

Бүгінде Балқаш ауданында 20-ға жуық ірілі-ұсақты жеке тұлға тұрақты қарбыз өсірумен айналысады. Солардың бірі – Бақбақты ауылының тұрғыны Радик Ан. Біз Радиктің қарбыз егілген алқабына арнайы бардық.

ТАБЫС КӨЗІ

Өңірге танымал қарбызшының егіс алқабына атбасын бұрғанымызда ол өзінің 6 жасар қызы Катерина екеуі пісіп-жетілген қарбыздарды жинастырып жүрді. Қарбызшы бізді жылы жүзбен қарсы алып, өзінің кәсібі туралы айтып берді. Радик қарбыз егуді өзінің әкесінен үйреніпті. Бала жасынан жаз айларында егіс алқабына жиі барып, әкесіне қолқанат болып, қарбыз өсірудің қыр-сырын үйреніп, еңбекке ерте араласып, шыңдалыпты.

Мектеп бітіргеннен кейін Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп келгеннен соң әртүрлі мекемеде жұмыс істеп көреді. Бірақ ол өзінің атакәсібі қауын-қарбыз егумен айналысуды жөн санайды. Сөйтіп, ол көп ойланбастан егіс алқабынан жалға жер алып, қарбыз егумен айналыса бастайды. Алғашқы жылдары біраз қиындықтың болғанын да жасырмады. Десе де оның бәрін жеңеді. Сөйтіп, өзі сүйіп қалаған атакәсібінің жемісін көріп жүргеніне биыл 32 жылдың жүзі болыпты.

Биыл «Киз МТС» ЖШС-не тиесілі егіс алқабынан 18 гектар жер алып, оның 2 гектарына картоп отырғызса, қалған жерге қарбыз-қауын еккен. Көктемгі егіс пен күзгі жиын-терін кезінде 20 адамды, ал күнделікті шаруаға 5 адамды жұмыспен қамтып жүргенін де айта кету керек. Кәсіп иесі пісіп-жетілген дайын өнімдерді аудан орталығындағы азық-түлік дүкендеріне өзі жеткізіп берсе, Алматы, Қапшағай қалаларынан жүк көліктері келіп, келісімшарт бойынша көтерме бағада сатып алады екен.

Пайдасы шаш етектен болмаса да, «кәсібім – нәсібім» деп еңбектің қарақазанын қайнатып, мандай терін төгіп, табысқа кенеліп жүрген қарбызшы атакәсібінен қол үзбейтінін әңгіме арқауына айналдырды.



Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы



КІДІРІС БОЛМАЙДЫ

Қысқы мал азығын дайындау – бүгінгі күннің басты талабы. Осындай күрделі де маңызды шаруаны аудан әкімі үнемі назарында ұстайды. Сол себепті, аталған салаға жауаптылар шөп ору науқанын жіті қадағалайды.

Жалпы аудан көлемінде 12 724 гектар суармалы жерге көпжылдық шөп егілген. Бүгінгі таңда аталған жер көлемінің бірінші орылымы толық аяқталып, 24 724 тонна шөп дайындалды. Ал екінші орылымы бойынша 6 743 гектар жер шабылды. Шөп шабу науқанының қалай атқарылып жатқанын көру үшін аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Бүркіт Мұқановпен бірге Миялы ауылдық округіне қарасты «Динара» ӨК-нің № 2 бөлімшесіне арнайы бардық.

Аталған шаруашылыққа атбасын бұрғанымызда дикандар түстеніп отыр екен. Сәл тыныққан пішеншілер бірден жұмысқа кірісті. «Динара» ӨК-нің № 2 бөлімшесінің меңгерушісі Мақсат Басшыбаев, осы бөлімшенің механигі Қасымжан Асубаев және механизаторлар Марат Іргебаев, Жұбан Кәтеков көк шалғынның екінші орылымын қыздырды. Мақсат Басшыбаевтың айтуынша, өздеріне тиесілі 932 гектар суармалы жердің 240 гектарына күріш, 200 гектарға бидай, 240 гектар жерге сүрлемдік жүгері егілсе, қалған суармалы жерге көпжылдық шөп егіліпті.

Шөп ору науқанының ойдағыдай атқарылуы үшін қажетті техникалар жұмылдырылып, олардың қосалқы бөлшектері мен жанар-жағармайлары қарастырылған. Ел игілігі үшін жасалып жатқан істің жүйелі орындалуы бәріміз үшін маңызды. Ендеше күннің ыстығына қарамастан дала төсін дүбірлеткен азаматтардың ісіне сәттілік дейміз.

COVID – 19

Коронавирус белең алғалы бизнес құрылымдарының жұмысы әртүрлі жағдайға ұшырады. Кәсіпкерліктің жұмысына жеңілдіктер беру мақсатында 14 сәуірден бастап облыс аумағында «Ashyq» пилоттық жобасы іске қосылды.

«Ashyq» жобасы тиімді

Гүлжан ТҰРСЫН

Бұл жобаға бойынша басында Спа-орталықтар, фитнес клубтар, бассейндер көптеп кірген. Одан кейін кинотеатрлар қосылды. Бүгінде қоғамдық тамақ беру орындары жаппай қосылуда. Облыс бойынша жобаны пайдалана отырып 8265 нысан өз қызметін жүзеге асыруда. «Ashyq» жобасын енгізу басталғалы бері мониторингтік топтармен 4376 нысан қамтылды. Соның ішінде жұмыс алгоритмін бұзған 994 нысан анықталды. «Ashyq» жобасы іске асырылғалы сырқаттанғанына қарамай көше аралап жүретіндер азайған. Бизнес нысандары да жұмысын қауіпсіз жағдайда жүргізе бастаған.

QR-кодты сканерлеу кезінде облыс бойынша «қызыл» және «сары» мәртебесі бар 1867 келуші анықталды. Оның ішінде 1507 келушіде «қызыл», «сары» көрсеткіш 621 келушіден анықталды. Еңбекшіқазақ, Алакөл, Жамбыл, Іле, Кербұлақ аудандары мен Қапшағай, Талдықорған, Текелі қалаларында 2 975 340 теңге қаржы мөлшерінде 68 әкімшілік жаза қолданылған.

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

Облыстық мәслихаттың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс және денсаулық сақтау, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет жөніндегі тұрақты комиссияларының отырысында бюджеттік мекемелер мен халықтың алдағы қыс маусымына дайындығы қаралды.

«Жаркент крахмал-сірне зауыты» ЖШС оқу орталығында өткізілген басқосуда алдағы жылыту маусымына дайындық жөнінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, білім, денсаулық сақтау басқармаларының басшылары және Панфилов, Ұйғыр, Кеген, Райымбек аудандары әкімдерінің орынбасарлары, облыстық мәслихаттағы тұрақты комиссия төрағалары мен депутаттары сөз қозғады. Комиссия отырысын облыстық мәслихат хатшысы Жанболат Жөргенбаев ашып, жиынға қатысушыларға күн тәртібін жариялап, алғашқы сөзді баяндама жасау үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бағлан Тәнекеновке ұсынды.

– Жылыту маусымына дайындыққа бюджеттен 13,7 миллиард теңге бөлінді. Оның 10,4 миллиардын көмір, дизель отынын сатып алуға, 3,3 миллиардын жылумен жабдықтау нысандарын жөндеуге жұмсау көзделген. Дайындық шараларына кәсіпорындардың 1,7 миллиард теңге жеке қаржысы да жұмсалған. Жалпы облыс мекемелерін жылумен қамтамасыз етуді 35 орталықтандырылған қазандық жүзеге асырады. Оның 16-сы газбен, 16-сы көмірмен, үшеуі мазутпен жылу береді. Жылу өндіруші кәсіпорындарда 3 қазандық (Талдықорған қаласындағы №2 және №5 кварталдық қазандық, Ескелді ауданындағы 1 орталық қазандық) табиғи газға ауыстырылуда, оған бюджеттен 2,6 миллиард теңге бөлінген.

Талдықорған қаласындағы аталған қазандықтарда жұмыс кестеге сәйкес жүргізілуде. Мұнда қазір 120 адам, 17 техника жұмыс атқаруда. Ағымдағы жылы орталық қазандықтарды табиғи газға ауыстыру нәтижесінде қатты отынға қажеттілік 37 мың тоннаға төмендеп, қалада қоршаған ортаға зиянды заттардың тарауы әлдеқайда кемиді, – деген Бағлан Сағындықұлы білім беру мекемелерін жылытуға 20 миллион 083 мың литр сұйық отын жұмсалатынын айтты. Бұл салада бүгінге дейінгі сұйық отынды тасымалдау көрсеткіші 44 пайызды құрайды. Денсаулық сақтау орындарын жылытуға 4,3 миллион литр жанармай қажет болса, соның 13 пайызы ғана әкелініп, 4553 тонна көмір тасылған.

Облыс тұрғындарына 1,37 миллион тонна көмір қажет. Бүгінгі күнге 534 тоннадан астамы халыққа сатылса, 96 мың тоннадан астам көмір қоймалар мен тұйықтарда тұр. Әкелінген «Қаражыра» көмірінің бағасы 14 мың теңге, «Шұбаркөл» көмірі 14500 теңгеден сатылуда. Алайда бұл баға шындыққа сәйкес келмейтінін басқарма басшысы мойындайды. Мысалы, біз білетін Жаркент өңірінде қазір көмірдің тоннасы 22 мың теңгеден кем емес. Басқа өңірлерде де осындай қолдан қымбаттату көрінісі байқалады. Қатты отынның бағасын тұрақтандыру үшін құзыретті орындармен бірлесіп мониторингтік топтар құрылып, халыққа көмір тарататын орындарға комиссия жіберілетіні баяндамада айтылды.

Облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ж. Сүлейменованың айтуынша, облыстағы білім беру мекемелерін сұйық отынмен жылытуға бюджеттен 4 миллиард 418 миллион теңге бөлінген. Бүгінгі күнге дейін сұйық отынның жартысына жуығы тасымалданып, 15 қазанға дейін 70 пайызын тасып алу жоспарланған. Жалпы 1083 білім беру мекемесінің 1074-і жылыту маусымына дайын. Тоғыз орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстары жыл соңына дейін аяқталмақ. Алдағы уақытта Талғар және Жамбыл аудандарындағы 7 мектеп газбен жылытылатын болады. Бұл мақсатқа 73,705 миллион теңге бөлінген.

Жиында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары А. Жансеңгіров баяндама жасады. Баяндамашының сөзіне сүйенсек, аймақта 635 денсаулық сақтау нысаны жұмыс істейді. Олардың 460-сы көмірмен, 98-і сұйық отынмен, 21 нысан орталықтандырылған жылумен, 56-сы табиғи газбен жылытылады. Бүгінгі күнге «ASAR GROUP LTD» ЖШС-мен жалпы 839,076 миллион теңгеге 4271633 литр сұйық отын жеткізуге конкурс өткізіліп, келісімшарт жасалған. Сұйық отын жеткізу кестесі келісіліп, тасымалдау жұмыстары жүргізілуде. Талғар, Іле, Панфилов аудандарында 6 медициналық мекемені газбен жылыту үшін жалпы 130 миллион теңгеден астам қаржы бөлінді. Денсаулық сақтау объектілерінде 110 резервтік қазандықтар бар. Ал 57 қазандықты ауыстыру үшін 192,5 миллион теңге қаражат қажет.

Тұрақты комиссия мүшелері ағымдағы жылдың 23-26 тамыз аралығында аудан орталықтарында орналасқан әлеуметтік нысандардың жылыту маусымына дайындығын қарап, мониторинг жүргізген еді. Осы мониторинг сараптамасын облыстық мәслихаттың тұрақты комиссия төрайымы Римма Салықова баяндады. Анықталған кемшіліктер қатарында Ескелді ауданы Абай ауылындағы орта мектептің стадионында көркейту жұмыстарының талапқа сай жасалмағаны, сапасыз істелген әжетхананың құлайын деп тұрғаны, Кербұлақ ауданындағы Қоғалы орта мектебінде жоғарғы қабаттарының жылымайтыны секілді кемшіліктер айтылды.

Баяндамашыларға шалғай аудандарға сұйық отын жеткізу, қазандықтарға арнайы кадрлар дайындау, тағы басқа мәселелер бойынша А. Керімбеков, Г. Тойлыбаева, Б. Үстенов сияқты депутаттар сауал беріп, сұрақтарына жауап алды. Панфиловтан Т. Нұрмолдаев, Ұйғырдан Қ. Бағбаев, Кегеннен Б. Елеусізова, Райымбектен Н. Сағатбекұлы сияқты аудан әкімдерінің орынбасарлары өз өңірлеріндегі қыс маусымына дайындық шараларын баяндады.

Тұрақты комиссияның бірлескен отырысында қаулы қабылданып, оның орындалуы тұрақты комиссия төрағалары Б. Үстенов пен Р. Салықоваға жүктелді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

СЕЛЕКТОР

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен алдағы жылыту маусымына дайындық мәселесі талқыланған селекторлық кеңес өтті. Онда аудан, қала әкімдері мен орынбасарлары және коммуналдық мекеме басшылары қазіргі таңдағы жылыту маусымына дайындық, мүлік меншік иелері бірлестігін енгізуге қатысты жұмыстар және санитарлық тазалық мәселесін талқылады.

КЕМШІЛІК ТҮЗЕТІЛЕДІ

Қажет АНДАС

Жиынның алғашқы баяндамасын облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық басқармасының басшысы Бағлан ТӘНЕКЕНОВ жасады. Оның айтуынша, биылғы жылыту маусымына дайындық белгіленген кесте бойынша жүруде. Ағымдағы жылы жылумен қамтамасыз етудің 5 үлкен жобасы іске асырылып, оған жергілікті бюджеттен 3,3 млрд. теңге қаржы қарастырылған. Бүгінде оның 1,7 млрд. теңгеден астам қаржысы игерілген. Осы қатарда Талдықорған қаласындағы №2-ші және №5-ші жылу қазандығын, Ескелді ауданындағы орталық жылумен қамту қазандығын газға ауыстыру жұмысы қарқынды жүруде, ал Текелі қаласындағы Достық және Алатау шағын аудандарының жылу желілерін ауыстыру жұмысы жақын арада басталады. Алакөл ауданында жылу желілерінің ұлғаюы және жаңа нысандардың қосылуына орай жылу желілерін қайта реттеу үшін келісімшарт жасалып, тиісті қаржы бөлінген.

Энергиямен жабдықтау кәсіпорындары да жоспарға сәйкес аймақтағы жылу қазандықтарына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын толығымен орындаған. Жоспардағы жылу желісі мен электр желісінің басым бөлігі жаңаланып, қалған бөлігіне жұмыс жүруде. Бюджеттік мекемелердің сұйық отын сатып алуы үшін 5,6 млрд. теңге бөлінген. Бүгінгі таңда 41 пайыз сұйық отын мекемелерге жеткізілген. Өкінішке қарай, бұл көрсеткіш өткен жылдың ұқсас мезгілімен салыстырғанда төмен. Ақсу, Балқаш, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Кербұлақ, Ұйғыр аудандарының білім беру, Алакөл, Панфилов, Талғар, Ұйғыр аудандарының денсаулық сақтау, Кербұлақ, Райымбек, Кеген, Ұйғыр аудандарының әлеуметтік нысандарына сұйық отын толық жеткізілмеген. Сондай-ақ, бюжеттік ұйымдар үшін 24 мың тонна көмір сатып алуға бюджеттен 706 млн. теңге қаржы бөлінгенімен оның тек 45 пайызы ғана жеткізілген.

Жеке тұрғын үйлер биылғы жылыту маусымынан қиналмай шығуы үшін 1 млн. 300 мың тонна көмір керек. Аудан, қала әкімдіктерінің ақпараты бойынша, бүгінде 537 мың тонна көмір тұтынушыларға сатылған. Айта кетерлігі, тұрғындарды көмірмен қамтамасыз ету жұмыстары Ақсу, Қаратал, Панфилов, Ұйғыр аудандары мен Талдықорған қаласында баяу жүруде.

Облыста 3583 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның 2100-і орталық жылу желісіне қосылған. Бүгінгі таңда 1604 үйдің қысқа дайындық жұмысы тексеріліп, оның 1340-ы жылыту маусымына дайын деген қорытынды шығарылған. Алайда әлі де екі мыңнан астам үйдің тұрғанын ескерсек, бұл жұмысты тездету керек.

Келесі кезекте мүлік меншік иелері бірлестігін енгізуге қатысты және санитарлық тазалық, көгалдандыру, қоқыс полигондарын тазалауға қатысты жүргізілген жұмыстар сөз болып, бұл бағытта бірқатар аудан, қала әкіміне орын алған кемшілікті түзетуге тапсырма берілді.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№100
(18952)

Senbi,
11 qyrkúiek,
2021 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы
маусымнан шығады

www.7-su.kz
Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

Айшықты белес

Тәуелсіздік деген бір ауыз сөздің өзі адам баласының бойына ерекше күш пен қастерлі ұғым беретіні анық. Жай ғана айта салмайсың, оны мақтанышпен, үлкен жүрекпен жеткізесің. Тіпті, ақын болмасақ та өлең жазып, жыр арнағымыз келіп тұрады.

Биыл тәуелсіздігімізге отыз жыл толып отыр. Бір қарағанда аз ғана уақыт болғанымен нағыз орда бұзатын ер азаматтың жасы. Осы кезеңде Қазақстан Республикасы түрлі тарихи сәттерді бастан өткерді. Қолымызға тиген қасиетті тәуелсіздікті сақтап, оны қастерлеп, болашақ ұрпақ қолына табыстау – бүгінгі аға буынның ең асыл міндеті.

Кей кезде отыз жылда біз неге қол жеткіздік деп ойлайтыным бар. Иә, бағдарлап қарасақ, талай жетістікке қолымыз жетті. Ең әуелі дамыған мемлекеттердің қатарында Қазақстан деген тәуелсіз мемлекеттің мәртебесін қалыптастырдық. Шегарамызды шегендеп, әлемдік картада жеке дара ел болып белгілендік.

Міне, біздің басты құндылығымыз осында. Одан кейін ішкі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық пен оның дамуына күш салдық. Бұл ретте де біздің олжамыз қос қоржынның басы толғандай мол. Отыз жылдың ішінде әлеуеті зор, даму көрсеткіші бар жас Қазақстан деген мемлекетті аяғынан тік тұрғыздық. Небәрі отыз жылдық тарихы бар жас мемлекет үшін бұл мақтана айтарлық іс. Тіпті, азаттығымыздың айшықты белесіне бағалар едім.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің тәуелсіздікке арнаған мақаласында: «Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, құғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді», – деді.

Ендеше, біз және жас ұрпақ осы бабаларымыздың армандап кеткен тәуелсіздігін көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Мұның мазмұны өте тереңде. Жастар деп бекерге айтып отырғаным жоқ. Біз қос дәуірдің тәрбиесі мен саясатын көрдік. Сондықтан, тәуелсіздіктің жастары мұны жете түсінуі керек. Неге десеңіздер, егеменді елдің жақсылығы жастарға көп мүмкіндікті сыйға тартты.

Осы орайда Қасым-Жомарт Кемелұлының мақаласынан тағы бір мысал келтірейін. «Тәуелсіздік жылдарында талантымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбетін, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілеріміз, біздің айрықша күшіміз», – деп атап өтті.

Дәл осы сөздің жаны бар, біздің айрықша күшіміз ол – жастар! Тәуелсіз Қазақстан – жастардың қолында. Жалындаған, білімді де білікті жас мамандарға иек артамыз. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы жетістіктерге емес, мен осы мақаламда жастарға көңіл бөлгенді жөн көрдім. Отыз жыл ішінде ұлт болып ұйысудың, ел болып бірігудің, жас болып жалындаудың жолы қаланды. Ендеше, бүгінгі жарқын істер болашақ мыңжылдықтармен жалғасатынына сенім мол.

Айбек ҚОНАҚБАЕВ,
облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

Отбасы күні қарсаңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен онлайн форматта «Мерейлі отбасы – 2021» ұлттық байқауының лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты рәсімді ашқан Мемлекеттік хатшы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ құттықтауын жеткізді.



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ

5 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ ИЕЛЕНДІ

Алма ЕСЕНБАЙ

«Мен Қазақстандағы әр шаңырақ берік болып, әрбір әулет бақытты ғұмыр кешкенін қалаймын. Сол үшін отбасы саясатына баса мән беремін. Ұрпақтың бойындағы адамгершілік пен адалдық, еңбеккорлық пен мейірімділік, ұлтжандылық пен отаншылдық сияқты асыл қасиеттердің бәрі, ең алдымен, отбасында қалыптасады. Қазақ – қашанда ата-ананы сыйлаған, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген жұрт. Қазіргі жаһандану заманында рухани құндылықтарды халқымыздың өмір салтына айналдыру – аса маңызды міндет. Жыл сайын «Отбасы күніне» орай өткізілетін ұлттық байқау бұған зор үлес қосуда. Оның, әсіресе, жастар үшін берер тағылымы мен тәлім-тәрбиесі зор», – делінген Президент құттықтауында.

Биылғы байқаудың ерекшелігі, әр аймақтан бір лауреат, демек, республика бойынша 17 үздік отбасы белгіленді. Алматы облысынан лауреат атанған Исабековтер отбасына да бұл күнгі шарада ілтипат көрсетіліп, Мемлекет басшысының атынан естелік сыйлықтар табысталды. Бұл рәсімді атқарған облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов арнайы диплом және 5 миллион теңгелік сертификатпен жеңімпаз отбасын марапаттады. Өз кезегінде республика, облыс басшылығына алғысын жеткізген Мұхамед Баетбайұлы:

– Ұлттық байқаудың жеңімпазы атанғанымызға өте қуаныштымыз. Бұл сіздердің үлкен қолдауларыңыз бен өмірлік тәжірибеміз, ата-анамыздың бойымызға сіңірген үлгі-өнегенің арқасы деп білемін. Тәрбиенің үлкені – ата-бабамыз айтып кеткен обал деген сөзде жатыр. Бұл сөзді балалардың құлағына құйып, көкірегіне сіңіріп өсірсек, мейірімді ұрпақ тәрбиелейміз. Ата-әжесінің қолында, қариялар тәрбиесін көріп өскен бала жаман болмайды, ертең ел-жұртына қамқор болып, шуағын шашады, – деді.

Айтса айтқандай, 6 бала, 13 немере өрбітіп отырған Исабековтер әулетінің негізгі тірегіне айналып отырғаны да – тағылымды тәрбие, әке-шешенің балаларға беріп келе жатқан үлгі-өнегесі. Отағасы Мұхамед Баетбайұлы құсбегілікпен қатар тазы өсірумен айналысып, қазақ халқының салт-дәстүрін жаңғыртуда. Бүгінгі таңда өздері тұратын Еңбекшіқазақ ауданында «Жеті қазына» мұражайын ашып, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде. Бау-бақша өсіру жағынан да тәжірибесі мол отбасы ауыл тұрғындарына өз білгендерін үйретіп, қолынан келген көмегін аямауда.

Отбасылық кәсіптің негізін қалаушы Мұхамед Баетбайұлы 2007 жылы Ұлыбританияда өткен Халықаралық бүркітшілер сайысында «Үздік бүркітші» атанса, 2013 жылы Қырғыз елінде өткен «Құсбегілер» байқауында жүлделі 1-орынға ие болған. Ғылымға сіңірген ерен еңбегі үшін Слуцкий атындағы №1 медальдің иегері атанған. Жылдың үздік төрешісі номинациясы бойынша да «Алтын тұғыр» марапатын алған. Ұлттық спортты дамытуға қосқан үлесі үшін көптеген Алғыс хат пен Мақтау қағаздарын иеленген.

Отанасы Ботагөз Көшкінова «Күміс алқа» медалінің иегері, «Жеті қазына» мұражайының жәдігерлерін жинақтаушы. Әулеттің ұрпақтары да құсбегілік, саятшылық кәсіпті меңгеріп, мұражайда жемісті еңбек етуде.

Үлгілі отбасы атанып, облысымыздың мерейін тасытқан әулеттің өнегелі жолы басқа жас шаңырақтарға үлгі болары сөзсіз. Бұл жеңіс те оңайшылықпен келген жоқ.

Биыл еліміз бойынша өңірлік конкурстық комиссияларға барлығы 2768 өтінім келіп түссе, облысымыздан байқауға қатысуға 410 отбасы ниетті болған. Осының ішінен іріктелген 20 отбасы облыстық байқауда бақ сынаған. Онда 4 отбасы жеңімпаз деп танылып, Еңбекшіқазақ ауданынан қатысқан Исабековтер ел көлемінде өтетін ұлттық байқауға жолдама алды. Нәтижесінде ел-жұртымыздың мерейін асқақтатты. Үлгілі отбасының жеңісі мен жемісі әр шаңыраққа шуағын шаша берсін дейміз.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

50 балаға қайырымдылық жасалды

Жақында Үштөбе қалалық мешітінде 50 балаға қайырымдылық жасалды. Мешіт имамы Әбудардан Таласбай мектеп оқушыларына сабаққа қажетті құрал-жабдықтар табыс етті.

Оқу жылы басталмас бұрын балаларды мектепке дайындау ісі қолға алынды. Оқушыларды киімкешек, оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету ата-анаға біраз салмақ түсіретіні анық. Әсіресе, көпбалалы, жартылай қамтылған отбасы бүлдіршіндерін оқу ордасына толық даярлау қиынға соғады. Осыған орай «Мектепке жол» акциясы жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

Мешітте өткен қайырымдылық іс-шарасында балаларға сөмке, қалам-қарындаш сыйға тартылды.

– «Қуанса бала қуансын» дегендей, қолымыздан келген көмекті жасап жатырмыз. Қазақта «қайырымдылық жасасаң қайырымын көресің» деген сөз бар. «Мектепке жол» акциясына атсалысып, мешіт атынан балалардың алаңсыз білім алып, сабағын жақсы оқулары үшін қажетті құрал-жабдықтарын әпердік, – дейді Үштөбе қалалық мешітінің бас имамы Әбудардан Таласбай.

Бір-бір сөмке алып, қуанып қалған балалардың жүзіндегі шат күлкісін көрсеңіз. Алған сыйлықтарын бір-біріне көрсетіп, бір мектепке барамыз деп ерекше көңіл-күйге бөленді. Иә, баланың бақытты сәтінен артық қуаныш болмас, сірә.

А. БАҚЫТҰЛЫ

ЖҰМЫС САПАРЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ Ескелді ауданы мен Текелі қаласында жаңадан бой көтеріп жатқан бірқатар құрылыс нысанын аралап, елді мекенде газдандыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды саралады.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ, КЕМШІЛІКТЕР ДЕ БАР

Қажет АНДАС

Лаззат Махатұлы алдымен Карабұлақ кентінде салынып жатқан 60 пәтерлі тұрғын үйге барды. Ескелді ауданының әкімі Рустам Әли облыс әкімінің бірінші орынбасарына тұрғын үйдегі бүгінгі жұмыс барысын, оның айналасын абаттандыру мен инженерлік-коммуникациялық жүйелерін тартуға қатысты жобаларды егжей-тегжейлі таныстырып шықты.

Абай атамыздың «Аз-маттың ісін бастағанынан емес, аяқтағанына қарап бағала» дегеніндей, осыған дейін идеология саласының қазанында қайнап келген Рустам Әлидің аудан тізгінін ұстағалы әр саланың жағдайына жіті назар салып, аудан тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартатын көп шараруаны қолға алғаны көрініп тұр. Аудан орталығындағы құрылыс, елді мекендерді абаттандыру, тағы да басқа жобалар қарқынды жүргізілуде.

Қарабұлақ ауылының әр тұсында қызу еңбек жүріп жатыр. Әсіресе, 8 март көшесі, №5 мекенжайындағы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынып жатқан 60 пәтерлі көп қабатты тұрғын үй құрылысы қарқынды жүруде. Құрылыс жұмысына 783 млн. теңге қарастырылыпты. Оның 494 млн. теңгесі трансферт есебінен Ұлттық қордан бөлінсе, 289 млн. теңгесі облыстық бюджет есебінен қарастырылған. «Жетісу сәулет құрылыс» ЖШС жобалаған нысанның сәулеті де көз тартады. Мердігер «Компания Строй Индустрия» ЖШС құрылыс жұмысын сапалы жүргізіп жатқанын көрдік. Аталған нысанның құрылысы 17 наурыз күні басталып, 2 қазан күні аяқталады деп жоспарланған. Кейбір жағдайға байланысты құрылыс жұмысы сәл кешігіп келе жатқаны болмаса, бүгінде олар 248 млн. теңгені игеріп үлгеріпті.

Тұрғын үйдің ауласын абаттандыру және инженерлік-коммуникациялық желісін жүргізу үшін Ұлттық қордан және облыстық бюджеттен 230 млн. теңге қарастырылып, оған қатысты жұмыстарды «Монолит» ЖШС жүргізуде. Құрылыс жұмысы 27 сәуір күні басталып, 27 қыркүйекте аяқталады деп күтілуде. Қазір құрылыс алаңында қызу еңбек. Құрылысшылар тұрғын үйдің қабырғаларын қалап, шатырын жабуға қамданып жатса, құрылыс аумағында түрлі техника тынымсыз еңбек етіп жатыр. Құрылыс жұмысының сапасынан мін таппаған Лаззат Махатұлы жұмыс кестесіне қатысты өз пікірін білдірді. Қылышын сүйреп қыс жеткенше нысанды ел игілігіне беру керектігін аудан әкіміне табыстады.

Жұмыс сапары барысында Лаззат Махатұлы Қарабұлақ ауылын табиғи газбен қамтуға қатысты атқарылып жатқан жұмыстарды көрді. Жалпы, Ескелді ауданын газдандыруға облыстық бюджеттен тиісінше қаржы бөлініп, газ желісі тартылып, газ тарату қорабы орнатылған. Облыс әкімінің тікелей тапсырмасымен «ЖетісуОблГаз» ЖШС тұрғын үйлерге жеңілдетілген бағамен газ құбырын кіргізіп, пеш орнатып беруге міндеттелген. Сондай-ақ, тұрғындардың қаржылық жүктемесін төмендету үшін қазандық пен жинақтаушы материалдарға жұмсайтын қаражатын бөліп төлеудің жолдары ұсынылған. Өкінішке қарай, тұрғын үйлерге газ тарту жұмысымен айналысатын компанияның жұмыс нәтижесінің көңіл көншітпейтіні Жеңіс көшесіндегі 130-2 үйге барғанда белгілі болды. Лаззат Махатұлы «ЖетісуОблГаз» ЖШС өкілдеріне өз міндеттемесін толық атқаруы қажеттігі туралы ескерту айтты.

Десе де Қарабұлақ ауылындағы орталық жылу қазандығын газға ауыстыру жобасы аяқталу алдында. Жоспарлы жұмыстың нәтижесінде Қарабұлақ кентін жылумен қамтып отырған көмірмен істейтін орталық жылу қазандығының жанынан блокты-модульді корпус салынып, жылу қазандықтары орнатылып, қажетті жабдықтар құрастырылып біткен. Қуаттылығы 20,6 ГКл болатын жылу қазандығының арқасында биылғы жылыту маусымында Қарабұлақ ауылының коммуналдық мекемелері мен жеке тұрғын үйлер көмір орнына газбен жылытылатын болды. Осы арқылы ауаға тарайтын зиянды заттардың шығарылу деңгейі кем дегенде 52%-ға төмендейді. Сондай-ақ, Қарабұлақ ауылында ауылішілік жылу желілерін жаңғырту жоспары бойынша да, көпқабатты үйлерді орталықтандырылған жылу жүйесіне қосу жұмысы да кезең-кезеңімен жүргізілуде. Осы тұрғыда аудан әкімінің тынымсыз жұмыс істеп жатқаны айқын аңғарылып тұр.

Қарабұлақ ауылындағы қарқынды істерді көрген облыс әкімінің бірінші орынбасары келесі кезекте Текелі қаласының Әл-Фараби және С. Сейфуллин көшелеріндегі 40 пәтерлі екі үйдің құрылыс жұмысымен танысты. Әл-Фараби көшесіндегі 5 қабатты тұрғын үйдің құрылысына Ұлттық қордан 322434,0 мың. теңге, облыстық бюджеттен 196163,0 мың. теңге бөлінсе, С. Сейфуллин көшесіндегі 5 қабатты 40 пәтерлі тұрғын үйге Ұлттық қордан 361886,0 мың теңге, облыстық бюджеттен 182185,0 мың теңге бөлінген. Екі үйді салу жұмысын «Шымыр» ЖШС міндетіне алған.


Әрине, «Шымыр» ЖШС облысымызға танымал, құрылыс салу бағытында тәжірибесі мол. Нысандарды аралап көрген Лаззат Махатұлы құрылыс жұмыстарының сапасына мін тақпады. Қайта қаңқасы қаланып, бөлмелері бөлінген үйлерді аралап көріп, жақсы бағасын берді. Дегенмен С. Сейфуллин көшесіндегі үйдің инженерлік-коммуникациялық желілерін тарту жұмысын міндетіне алған компанияның әлі күнге дейін өз деңгейінде жұмыс жасамағанын сынға алды. Сондай-ақ, тұрғындармен кездесіп, қаланы газдандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысып, орын алған кемшіліктерді бағамдады. Егер бұл тараптағы жоспар жүйелі жүргізілмесе, «біреуі қараша, ендібірі желтоқсан айында бітеді» деп жоспарланған қос үйдің уақытында тұрғындарға тапсырылуы екіталай.

Осылайша, жарты күн уақытын Ескелді ауданы мен Текелі қаласындағы бірнеше нысанды аралауға арнаған Лаззат Махатұлы нәтижелі жұмыстарға оң бағасын беріп, кемшіліктерді түзетуді тапсырды. Аудан және қала әкімдерінің алдағы жұмысына бағыт-бағдар берді.

Ескелді ауданы,
Текелі қаласы

ЖАЙДАРМАН

Жер жаннаты Жетісу жері өзінің жаңалығымен күллі қазақ елін қуантудан жалықпайды. Жуырда Талдықорған қаласында Орта Азияда теңдесі жоқ орталық бассейннің бой көтергеніне куә болған едік. Енді, міне, тағы бір осындай жүзу бассейні есігін айқара ашты. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жүзу бассейнін салып, студенттерін қуантты. Университеттің өз қаржысына салынған жаңа нысан болашақ мамандардың білім алуымен бірге салауатты өмір салтын ұстануына да жол ашып отыр.



ЖҮЗУ БАССЕЙНІ АШЫЛДЫ

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Жаңа нысанның ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов, Жетісу университетінің ректоры Қуат Баймырзаев және жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары қатысты. Бірінші болып сөз алған облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов барша Жетісу жұртымен жоғары оқу орнының студенттерін құттықтады.

– Жақында Талдықорған қаласында олимпиадалық үлгідегі жабық бассейн ашылған еді. Жаттығуға 3 мыңнан аса бала жазылып, мыңнан астамы жүзу үйірмесінде дайындалуда. Жаттықтырушылар құрамын кеңейту жағы қарастырылуда. Елбасы тапсырмасы аясында аймақта 13 дене шынықтыру-сауықтыру кешені қолданысқа берілді. Тағы төртеуінің және 150 воркаут-нысан құрылысы жүргізілуде. Бүгін, міне, студенттерге арналған жүзу бассейні пайдалануға берілді. Бассейн бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында салынды, – деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары. Ол университет басшылығына оқу сапасын көтеру, оқу ғимаратының материалдық-техникалық базасын жаңарту бағытындағы жұмыстары үшін алғысын білдірді. Батыржан Құлаймергенұлы, сондай-ақ, бүгінде университет қабырғасында 6 мыңнан астам студент білім алып жатқанын жеткізді. Оның 450-і облыс әкімі грантының иегері.

Бұдан кейін университет ректоры Қуат Баймырзаев сөз сөйлеп, игі істің бір ғана студенттердің емес, Жетісу жұртшылығының қуанышы екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, облыс әкімі қолдауының арқасында салынған, студенттерге арналған заманауи жатақхананың арқасында Жетісу университеті республика бойынша студенттерді әлеуметтік қамту бойынша бірінші орын иеленгенін айтты. Сондай-ақ, ол облыс әкіміне университетке көрсетіліп жатқан көмегі үшін алғысын білдірді.

Студенттер атынан сөз алған дене шынықтыру және спорт факультетінің 4-курс студенті, көркем гимнастикадан спорт шебері Диана Бейсенова да өз ризашылығын жеткізіп, бассейннің ашылуы студенттердің спортқа ден қоюына серпін беретінін жеткізді. Бұдан кейін Батыржан Байжұманов пен Қуат Баймырзаев жаңа жүзу бассейнінің лентасын қиып, ішін аралап көрді.

Иә, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттері енді өз бассейндерінде жүзетін болады. Жаңа гидротехнологиялық нысан білімгерлердің шынығып шығуына, болашақ маманның біліктілігін арттыруға мүмкіндік бермек.

Айта кетерлігі, жабық бассейннің жалпы көлемі 3644,20 шаршы метрді құрайды. Нысан құрылыс талаптарына және санитарлық-эпидемиологиялық стандарттарға сай салынған. Бассейнге кіретін жеке кіреберіс, киім ауыстыратын орын, сауна, ванна, жаттықтырушы мен жұмысшыларға арналған, спорт инвентарын тазалап, сақтауға арналған арнайы бөлмелер бар. Жаңа нысанда дезинфекциялық заттар да қамтылған. Мұнда әкімшілік және медициналық кабинеттер мен суды тестілеуден өткізуге арналған зертхана да бар.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№102
(18954)

Beısenbi,
16 qyrkúıek,
2021 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

ТОЛҒАНЫС КӨП

Биыл өз алдымызға дербес мемлекет болғанымызға, егемендік алып, тәуелсіз Қазақстан атанғанымызға 30 жыл. Бір қарағанда, тәуелсіздік бізге ешқандай соғыссыз, бейбіт жолмен оп-оңай келе салғандай көрінеді. 90-жылдарда өмір сүрген адамдар, әсіресе, жастар үшін солай көрінуі заңдылық та шығар. Бірақ ұрпағына ұлан-ғайыр жер қалдырған біздің ата-бабаларымыздың еркіндік аңсаған арманын көру бізге бұйырыпты.

Көк түрік, Сақ, Ғұн, қазақ... Қаншама ғасырдан бері зобаланды, шапқыншылықты, жаугершілікті, аштықты, шырғаланды көре жүріп, ұлтарақтай жердің өзін найзаның ұшы, білектің күшімен қорғау жолында қан төгіп жеткен егемендік бұл шындығында. 30 жылда не ұттық, неден ұтылдық?

Бодандықтан босаған алғашқы тоқырау жылдарының өз қиындығы болғанымен қазақтың иығы басылмаған, рухы жаншылмаған асқақ еді. Ұтқанымыз сол болатын. Ал одан кейін... Кейінгі 20 жылды айтайықшы, ана тіліміз босағадан аспады, діліміз әлсіз, дініміз дүбәра, мәдениетіміз мәнсіз, біліміміз ең жиі ауыстырылған министрлермен ғана есте қап тұр.

Өркениет жайлы не дей алам, есігі тарс жабылып, Кеңес одағымен қоса құрыған алып комбинаттар, зауыттар мен фабрикалар еске түседі. Болды. 30 жылда ашылған қандай да бір жеңіл өнеркәсіп орындары мен шағын цехтар бар шығар, бірақ кезіндегі «Поршень», «Ауыр машина жасау» зауыттары, атақты «Жетісу», «Алматыкілем», АХБК сияқты фабрикаларымыз келмеске кеткен. Орны да жоқ. Есесіне, сол өндіріс орындарының ғимараттары жекенің қолына өтіп, сауда үйлері мен ойын-сауық орталықтарына айналған. Әрқайсысының өз қожайыны бар. Сануалы байы мен кедейі жылдан-жылға көбейіп жатқан осынау қоғамда өмір сүріп жатқандықтан көріп-байқап жүрген жалпылама көрініс бұл.

Жарайды, саясатты, экономиканы, өркениет жайлы сөз етуге менің білімім жете қоймайды, өзім ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген өнер мен мәдениет саласының 30 жылда жеткен жетістігін айтып көрейікші. Рас, қаншама сериалдар, көркем фильмдер, қойылымдар көрерменге ұсынылды. Ал олардың мазмұны мен сапасы қандай? Теледидардан беріліп жүрген сериалдардың мазмұнына, әсіресе, тіліне қазақ көрерменінің көңілі тола ма? Әй, қайдам...

Бодандықта болған 70 жылымыздағы кино тілі, яғни, аударма мен өз қолымыз өз аузымызға жеткен 30 жыл ішіндегі сериалдардағы қазақшамыздың арасы жер мен көктей. Кезіндегі дубляждың нағыз майталманы Мәкіл Құланбаевтардың дауысы өз алдына, өзге ұлт өкілінің бәрі менің ана тілімде сөйлеп тұрғандай әсер ететін, көрерменін соған сендіретін. Ал қазір ше? Сериал тілі қасаң, аударма жұтаң, кино тілінің сөздік қорында айналдырған 100-150 сөз ғана қалғандай сезіледі. Қойыртпақтап ағылшын, орыс тілі араласқан бірдеңе. Сондай дүбәрамен ұлы өнерді қорлап жүргенімізге келер ұрпақ не айтады? Бізден кейінгінің наласына қалмаймыз ба, сонда ойнап жүрген актерде өнердің киесі ұрады деген ой бола ма, бойын қорқыныш билей ме өзі? Бірақ өнерге кім көрінген келіп, сахнадан мән кеткелі қашан?!.

Егемендік дегеніміз, ең алдымен, сана еркіндігі еді. Кейде мені: «Қазақтың өзі толық тәуелсіз бе?» деген ой мазалайтыны бар. Неге екенін, ұлттық идеологиясы жоқ мемлекетте ел мен жер иесі – қазақ ұлтының өзі әлі күнге дейін біреуге тәуелді болып өмір сүріп жатқандай көріне береді... Бірақ қалай десек те, мыңжылдықтар тоғысын көрген біз бақыттымыз. Қазақтың намысты, білімді, еркін ұл-қызы өсіп жатыр. Жалпақшешей қоғамда олар мұзжарғыш кемедей өз жолын – қазақ жолын салады. Соған сенейікші.

Бекжан ТҰРЫС,
актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

✓КОНФЕРЕНЦИЯ



Сүретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ҚАРИЯЛАР – САРҚЫЛМАС ДАРИЯЛАР

Тіл сарайында облыстық ардагерлер ұйымының VIII есеп беру, сайлау конференциясы өтті. Оған облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ, «ZOOM» бейнеконференц байланыс жүйесі арқылы аудандық, қалалық ардагерлер ұйымдарының мүшелері қатысты.

Шарада облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт баяндама жасап, соңғы бес жылда атқарылған жұмыс бойынша есеп берді.

– 2016 жылы өткен VII есеп беру, сайлау конференциясынан бері облыстық ұйым құрамы көбейіп, жаңадан белсенді, білімді, тәжірибесі мол ардагерлермен толықты. Бес жыл бұрынғы есеп бойынша облысымызда бастауыш ұйымдар саны 628 болса, қазіргі уақытта 922-ге жетіп, 240 мыңнан астам зейнеткер тіркелді.

Алма ЕСЕНБАЙ

Есепті жыл аралығында ардагерлер ұйымының 30 жылдық мерекесі өткізіліп, «Қасиет те, өсиет те қарттарда» атты кітап шығарылды. Оның шығуына жерлесіміз, «Алматы – Болашақ» АҚ жеке дара акционері марқұм Ырым Кененбай көмек көрсетті.

Ұлы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында соғыс ардагерлерінің қаһармандығы мен ерлік істерін насихаттау және облыстың өркендеуіне еңбек сіңірген қоғам қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру үшін әр аудан, қалаларда ардагерлерге арналған билбордтар ілінді. Ал Талдықорған қаласында 28 ардагердің үйінің қабырғасына ескерткіш тақталар орнатылды.

Жыл сайын 1 қазан Қарттар күнінде "Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария" атты акциялар мен басқа да шаралар өткізілді. Тіл сарайында "Аға буын Алаш арыстарын ардақтайды!" атты айдарымен Алаш қозғалысының 100 жылдығына байланысты "дөңгелек үстел" ұйымдастырылды. Бұл шараға жастар қатысып, еліміздің тарихымен тереңірек танысуға мүмкіндік алды. Ардагер Сайлаубек Батырбековтің көтерген мәселесі бойынша облыстық ардагерлер ұйымының ұсынысымен Талдықорған қаласындағы № 25 орта мектепке Барлыбек Сырттановтың есімі берілді.

Ардагерлеріміздің әлеуметтік, денсаулық, мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту мақсатында әрбір қарияға әлеуметтік карта ашылып, кімнің қандай мұқтаждығы бар екені анықталды. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің коммуналдық шығындарын қамтамасыз ету үшін жылына жергілікті бюджеттен 300 млн. теңгеден астам қаржы жұмсалды.

Ардагерлердің денсаулығын нығайту үшін есеп беру жылдарында облыс бюджетінен 1 млрд. 513 млн. теңге бөлініп, 17120 соғыс және еңбек ардагері облыс аумағында орналасқан шипажайларда демалып қайтты. Қазір Ұлы Отан соғысы ардагерлерінен 35 қария қалды. Олардың жасы 95-тен асты. Солардың үйіне барып, құттықтап, ардагерлерге қажетті көмек көрсетілді.

Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына орай облыс бойынша 688 қызмет көрсетуші тағайындалған. Республикалық ардагер ұйымы мен «Самұрық қазына» ұлттық әл-ауқат қорының ұйытқы болуымен облыстың барлық соғыс ардагерлеріне дабыл қондырғысы орнатылған ұялы телефондар берілді.

Облыс әкімдігінің қолдауымен жыл сайын дәстүрлі түрде облыс мектептерінде қолданылып келе жатқан «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» бағдарламасы қосымша мазмұндармен толықтырылды. Сонымен қатар барлық аудандық, қалалық әжелер комитеттері жастарды тәрбиелеуде айтарлықтай жұмыс жасауда. Бағдарламаның аясында отбасы тәрбиесіндегі аталардың, әжелердің, енелердің, әкелердің, келіндердің белсенділігін арттыру үшін «Атадан ұлағат», «Әже отбасының берекесі» атты жиналыс, форум тұрақты өткізіледі.

"Жарасымды көршілер – сенімді әріптестер" акциясын өткізудегі мақсатымыз – жарасымды өмір сүріп жатқан 103 этнос өкілдерінің достығын дәріптеп, жастарға жеткізу болды.

Ендігі бір айта кететін жайт, Қазақстанда «Медиация туралы» Заң қабылданып іске асырылуда. Осы заңның шеңберінде облыста да өркениет көшіне бет түзеген батыл қадамдардың жасалуы біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі екендігін айғақтайды.

Қазақ басын дауға қалдырмауға тырысқан. Туыстаныстарда белгілі бір даулар туындап жатса оны ресми соттың алдына бармай-ақ ел ағаларына, қоғамдағы беделді ақсақалдардың алдына барып шешіп алатын болды. Бұл тұрғыда Қарасай, Үйғыр, Ақсу, Балқаш, Кеген, Сарқан, Іле, Қаратал, Жамбыл аудандары бастауыш ұйымдарының ардагерлері қарқынды жұмыс атқаруда. Сондай-ақ, зейнеткерлеріміз бас қосып ақылдасатын, мәдени-спорттық шараларды өткізетін «Ардагерлер үйлері» аудандар мен қалаларда ашылды, – деді Ермек Әбілмәжінұлы.

Бұдан соң облыстық ардагерлер ұйымы тексеру комиссиясының төрағасы Болат Тұрысбеков сөз алып, ардагерлер ұйымының қаржыландырылуы жайы, қарияларға көрсетілген моральдық-материалдық көмек туралы есеп берсе, жарыссөзге шыққан Сарқан ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Тұрысбекұлы Ұлы Отан соғысы, тыл ардагерлері мен жалғызілікті қарттарға көрсетіліп жатқан қамқорлық жайын баяндады. Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев жастардың бүгінгі алып жатқан білімі мен тәрбиесіне ерекше тоқталып, осы ретте ардагерлердің арқау болуымен саяжайларда тұратын оқушылар үшін сол жерлерден мектеп салу мәселесін көтеріп, кейбір ауыл, көше аттарын өзгерту туралы ұсынысын облыс әкіміне жеткізді.

(Соңы 2-бетте).

●*Ой-өрім*

Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық.
АБАЙ.

✓ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

КӨРСЕТКІШ КӨҢІЛ ТОҒАЙТАДЫ

Премьер-Министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің 2021 жылғы қаңтар-тамыз айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы және республикалық бюджеттің атқарылуы қорытындыланып, елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай мен алдағы күзгі-қысқы кезеңге дайындығы сараланды. Селекторлық жиынға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ онлайн режимде қатысты.

Қажет АНДАС

Аталған жиын еліміздің жаңа Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешевтің мемлекеттік қызметші антын беруімен басталды. Алғашқы баяндаманы ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой жасап, еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың жақсарып келе жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, вирустың репродуктивті индексі 0,87 пайызға, ал инфекциялық және реанимациялық төсектердің жүктемесі 35%-ға дейін төмендепті. Коронавирустың таралу қарқыны бойынша Түркістан облысы «жасыл аймақта», Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстары «сары аймақта» орналасқан. Қалған 11 аймақ «қызыл аймақта» тұр. Бүгінгі таңда вакцинаның бірінші компонентін 7,1 миллионға жуық, екінші компонентін 6 миллион адам алыпты. Үкімет басшысы екпе алудан кенжелеп тұрған Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында жұмысты күшейту қажеттігін ескертіп, «қызыл аймақта» орналасқан өңірлердегі сырқаттанушылық деңгейін тұрақты төмендету жайлы аймақ басшыларына тапсырма берді.

Бір қуанарлығы, жиналыста Үкімет басшысы Қазақстан экономикасының даму көрсеткішінің пандемияға дейінгі деңгейге жеткенін атап өтті. Биылғы жылдың сегіз айының қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнімнің өсімі 3% құрапты. Осыған орай экономиканың дамуы, ақша-несие саясаты, республикалық бюджеттің атқарылуы, мемлекеттік сатып алудағы жергілікті қамту туралы ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев, ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев, Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасына қатысты жағдай туралы Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов, өнеркәсіп пен энергетика секторының дамуы туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов пен Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев, агроөнеркәсіптік кешендегі ахуал туралы Ауылшаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев баяндады.

Олардың айтуынша, биылғы қаңтар-тамыз айларында Алматы, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау облыстары және Шымкент қаласы барлық 7 негізгі макрокөрсеткіш бойынша, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары және Нұр-Сұлтан қаласы 6 көрсеткіш бойынша, Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстары және Алматы қаласы 5 көрсеткіш бойынша әлеуметтік-экономикалық даму өсімін қамтамасыз етіпті. Батыс Қазақстан облысы ең төменгі көрсеткішті көрсетіп тұр. Үкімет басшысы әкімдіктерге көрсеткіштердің төмендеуі мен баяулауы байқалатын экономика секторларында өсу қарқынын арттыруды, экономиканы одан әрі әртараптандыру, инвестициялар тарту және жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

Жылыту маусымына әзірлік бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар да көңіл қуантады. Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиевтың айтуынша, қазіргі таңда еліміз бойынша 10 мыңнан астам автономды қазандық, 45,6 мыңнан астам тұрғын үйдің қысқы дайындығы біткен. 3,8 мың шақырым жылу желілері, 13,6 мың шақырым сумен жабдықтау желілері жөнделіпті. Жылыту маусымына 11,1 мыңнан астам білім беру объектісі және 5,7 мың денсаулық сақтау объектісі сақадай сай. Көмір өндіруші компаниялар 68 млн. тонна көмір өндіріпті. Есесіне тұтынушылардың коммуналдық қызметтер үшін берешегі 14,4 млрд. теңгеге жеткен. "Көш басында" Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары мен Қызылорда облысы тұр.

Үкімет басшысы әкімдіктерге білім беру, денсаулық сақтау объектілері мен үйлерде жоспарланған жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

✓ЖАҢА НЫСАН

ШІРКЕУ қазығы қағылды

Талдықорған қаласында бой көтеретін жаңа шіркеу христиан дінінің православ тармағын ұстанушыларға қызмет көрсетеді. Облыс орталығының бас жоспарына кірген діни нысанның алғашқы қазығын қағуға Астана және Қазақстан митрополиті Александр Могилев арнайы келіп, дұға-тілек жасады.

Барлығы 0,88 гектар жерге орналасатын шойын қоңыраулы кафедралды собордың аумағына епархиалды басқарманың ғимараты мен кіреберіс аймақ кіреді. Онда шіркеудің садақа қабылдау дүңгіршегі орналасады. Дегенмен, қайырымдылықтан түскен қаржыға салынатын шіркеудің жобасы әлі жетілдірілуде.

Діни рәсімге арнайы келген митрополит әйелдер хорының сүйемелдеуімен әуезді үнмен Інжілден насихат оқып, кең-байтақ Қазақстанның, Талдықорған қаласының тыныштығына, бейбітшілігіне дұға жасады. Дін қайраткерінің тілегі өңірде қалыптасқан тұрақтылық пен ынтымаққа көздің тимеуіне, тілдің өтпеуіне арналды.

Содан соң қаланың батысындағы жаңа 9-шы ықшамауданның аумағына салынуы тиіс шіркеудің іргетасына еліміздегі Православ діні басшысының Грамотасы салынып, келешектің еншісіне куәлік ретінде қалдырылды. Арнайы капсулаға салынған хатты Талдықорған қаласының әкімі Ержан Жасыбаев пен митрополит Александр бірлесе бекітті.

Талдықорған қалалық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Абай Лесбековтің айтуынша, ғибадат үйіне берілген жерді коммерциялық мақсатта сатып алған дін қызметкерлері соборды тұрғызу үшін әлі де біраз құжат жинауы тиіс.

М. ӘСЕТҰЛЫ

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ІСТІ ШИРАТУ КЕРЕК

Облыстық мәслихаттың бір топ депутаттары Талғар және Қаскелең қалаларында болып, білім нысандарының күрделі жөндеуі бойынша мониторинг жүргізді. Жалпы аталған мониторингтік топ облысымыз бойынша құрылыс жұмысы жүріп жатқан білім және денсаулық саласы нысандарына бақылау жасауда. Осы уақытқа дейін 21 білім және 5 денсаулық сақтау саласының нысандарына мониторинг жүргізілді.

Ұлбосын ИСАБЕК

Биылғы оқу жылында Талғар ауданындағы 42 орта мектепте оқушылар білім алуда. Олардың ішінде 7 мектептің оқушылары үш ауысымда оқытылады. Осы олқылықты жою мақсатында Талғар қаласында 1200 орынды жаңа мектеп салынып, жыл аяғында пайдалануға беріледі деп болжануда.

Ал іргетасы 1978 жылы қаланып, пайдалануға берілген Абай атындағы №3 орта мектептің биыл күрделі жөндеу жұмысы басталды. Содан бергі 40 жылдан астам уақыт бойы бірде-бір күрделі жөндеу көрмеген мың орынды көне мектепте 1908 оқушы білім алуда. Құрылыс жұмыстарына байланысты бұл оқушылар осы күні Талғар қаласындағы Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ғимаратында оқытылуда.

Апта соңында облыстық мәслихаттың хатшысы Жанболат Жөргенбаев пен облыстық мәслихаттың депутаты Асқар Фазылұлы бастаған мониторингтік топ осыған байланысты құрылыс жұмыстарын аралады. Сапар барысында құрылыс жұмысын жүргізуді жауапкершілігіне алған мердігер компания «ГуннСтройСервис» ЖШС-нің өкілі атқарылған жұмыстар жайымен таныстырды.

Мектеп құрылысының жұмысына 1 млрд. 168 млн. 984 мың теңге қаржы қаралған болса, бүгінде соның 200 млн. теңгесінің игерілгендігі баяндалды. Тамыздан басталып, наурыз айында аяқталуға тиіс мектептің бүгінгі күні шатыр, еден, терезе, есіктері, электр жүйесі, спорт алаңдары, сылақ сынды жұмыстары аяқталған. Сонымен қатар, ағаш конструкциялар, кәріз, су жүйесі жасалуда. Құрылыс алаңында 62 адам еңбек етуде.

Аталған мектептің құрылысын көрген мониторингтік топ жетекшісі Жанболат Жөргенбаев мердігер компанияға құрылысшылар санының аздығын, шатырдың жобаға сай еместігін айтып, құрылыс жұмыстарының сылбыр жүргізіліп жатқандығын сынға алды. Енді бірер айдан соң күн суытатындығын ескерсек, абаттандыру жұмыстарын да жылдамдатуды, жұмыстың сапалы болуын қадап тапсырды.

– Біздің мектебімізде даярлық тобына 55 бүлдіршін, бірінші сыныпқа 178 бала қабылданды. Жалпы 66 сынып комплектісі бар. Мектепке құрылыс жұмысы басталғалы бері оқушылар Қонаев көлледжінің ғимаратында оқып жатыр. Мектеп оқушыларының жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Емелев көшесі жөндеуден өтіп, тротуар жасалған. Сондай-ақ, жол белгілері орнатылып, жүргінші жолақтары жаңартылды, – дейді №3 орта мектеп директорының міндетін атқарушы Құралай Кенжетайқызы.

Талғар қаласы

КҮРЕТАМЫР

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық «Үздік оқытушы» байқауы мәресіне жетті. Түркістан қаласында шымылдығын түрген шарада облысымыздың намысын қорғаған Аслан ҚАЛИБЕКОВ жеңімпаз атанды. Жерлесімізді облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшылығы арнайы қарсы алып, жеңісімен құттықтады.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ



Суретті түсірген Ж.ӘБІЛҚАСЫМОВ

ЖЕРЛЕСІМІЗ – ЖЕҢІМПАЗ

Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Болат Керімбек байқауда бабы мен бағы қатар шапқан жеңімпазға жүрекжарды лебізін білдірді. Өз кезегінде сөз алған облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының басшысы Жеңіс Жолдыбай:

– *Ұлттың күретамыры болған тілдің құндылығын әспеттейтін ел көлеміндегі байқауда оза шапқанымыз қуанатын, марқаятын дүние. Сондықтан да Жетісу намысын қорғаған әріптесімді шын жүректен құттықтаймын,* – дей келе «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы атқарған игілікті істерге тоқталып өтті. Сонымен қатар, қазақ тілінің бай тіл екенін де айрықша әспеттеді.

– *Жеңіс тұғырынан көрінгеніме қуаныштымын. Осы ретте ҚР Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен байқауға қатысуыма мүмкіндік берген сіздерге айтар алғысым шексіз. Облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының жұмысы жемісті екенін де айта кеткім келеді,* – деді «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Панфилов аудандық филиалының меңгерушісі, байқау жеңімпазы Аслан Қалибеков.

Айта кетерлігі, республикалық байқау төрт кезең бойынша өткен. Алғашқы кезеңде қатысушылар әдістемелік сұрақтарға жауап берсе, бейнеүзік, методика, демонұсқа кезеңдерінде оқытушының заман талабына сай оқыту нұсқасын көрсетіп, арнайы берілген тапсырмаларды орындап, білімін ортаға салды. Аталмыш төрт кезең бойынша 16 қатысушы арасынан оқ бойы оза шапқан жерлесіміз жеңіс туын желбіретіп, Жетісу жеріне үлкен қуанышпен оралды.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

ҚЫЛЫШЫН СҮЙРЕТІП ҚЫС КЕЛЕДІ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен өткен селекторлық жиында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бағлан ТӘНЕКЕНОВТІҢ алдағы жылыту маусымына дайындық барысы туралы баяндамасы тыңдалып, жұмыс өнімділігі төмен салалар сынға ұшырады. Жылыту маусымына дайындығы нашар аудан, қала әкімдеріне тиісті тапсырмалар берілді.

Қажет АНДАС

Бағлан Сағындықұлының айтуынша, ағымдағы жылы аймақты жылумен қамтудың 5 жобасын іске асыруға бюджеттен 3,3 млрд. теңге бөлініпті. Бүгінгі таңда 1,7 млрд. теңге игерілген. Талдықорған қаласындағы №2 және №5 кварталдық қазандық, Ескелді ауданындағы орталық қазандық табиғи газға ауыстырылуда. Қазандықтарды электрмен және газбен қамту жұмысы аяқталуда. Ал Текелі қаласының "Достық", "Алатау" шағынауданының жылу желілерін қайта жаңарту жұмысы кенжелеп тұр. Себебі, қаражат сәуір айында республикалық бюджетті нақтылау кезінде бөлінді. Мемлекеттік сатып алулар бойынша конкурс тек 16 маусымда жарияланды. Мердігер «Риголит» ЖШС-мен келісімшарттар тек 20 тамызда ғана тіркеліп, құрылыс-монтаждау жұмыстары әлі күнге дейін басталмаған. Болжам бойынша республикалық бюджеттен бөлінген 665,8 млн. теңге игерілмей қалу қаупі бар.

Биыл 78 қазандықты күрделі және ағымдағы жөндеу жоспарланған еді. Оның бүгінде 96 пайызы дайын. Бұл ретте «ТАТЭК» және «Алатау жарық» АҚ-ның өкілдері тікелей эфир арқылы есеп беріп, электр желілері бойынша да жұмыстың жоғары деңгейде атқарылып жатқанын жеткізді.

Жылыту маусымына бюджеттік ұйымдар үшін сатып алынған 26,2 млн. литр дизель отынының 13,6 млн. литрі ғана тиісті орнына жеткізілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда аз. Бұған білім беру және денсаулық сақтау нысандарындағы жоспарды орындау көрсеткішінің төмендігі ықпал етуде.

Айталық, бүгінде облыстағы 109 білім беру нысаны сұйық отынмен қамтамасыз етілмеген. Көш басында Кербұлақ, Панфилов, Еңбекшіқазақ, Кеген, Балқаш, Алакөл аудандары тұр. Білім беру нысандарына сұйық отынды жеткізу бойынша төмен көрсеткіш Ақсу, Алакөл, Кербұлақ, Панфилов, Райымбек, Талғар, Үйғыр аудандары мен Қапшағай қаласында байқалады. Ал денсаулық сақтау объектілеріне сұйық отын жеткізудің төмен көрсеткіші бойынша Ақсу, Балқаш, Көксу, Панфилов, Сарқан, Талғар және Үйғыр аудандарында жұмыс баяу жүруде. Сонымен қатар, бюджеттік ұйымдар үшін 23,9 мың. тонна көмір сатып алуға бюджеттен 705,9 млн. теңге бөлініп, оның 19,3 мың тоннасы жеткізілген. Яғни, 20 білім беру, 64 денсаулық сақтау және 12 мәдениет нысаны бүгінгі күні қатты отынмен толық қамтамасыз етілмеген.

Жылыту маусымына тұрғындар үшін көмір қажеттілігі 1,37 млн. тоннаны құрайды. Бүгінгі күнге 684,5 мың тонна көмір халыққа сатылған. 95,6 мың тоннасы қойма мен тұйықтарда бар. Десе де Қапшағай, Талдықорған және Текелі қалалары мен Алакөл, Панфилов, Көксу, Үйғыр аудандарына "ҚТЖ-Жүк тасымалы-"АҚ-мен қатты отынды жеткізу бойынша ұсынылған деректер нақты жағдаймен сәйкес келмейді. Облыс бойынша 3581 көпқабатты тұрғын үйдің 2100-і орталық жылытумен қамтылады. Бүгінгі күнге оның 2099-і техникалық тексеруден өтіп, 1549-ның жылу желісі жөнделген. Алайда бүгінгі күнде Балқаш, Ескелді, Кербұлақ, Райымбек, Үйғыр аудандарында жұмыс қарқынды емес.

Баяндама біткен соң Лаззат Мақатұлы дизель отынын жеткізу, бюджеттік мекемелерді сұйық және қатты отынмен қамтамасыз ету, тұрғындарға көмір сату қарқыны төмен аудан, қала әкімдерінен мәселенің мән-жайын сұрап шықты. Аталған жұмыстардың көрсеткіші өткен жылмен салыстыра қарағанда төмендегенін еске салып, қысқа дайындық жұмысын ерте бастан жүргізудің қажеттілігін халыққа түсіндіру және күн сайын құбылған бағаның шарықтап кетуінің алдын алуды аудан, қала басшыларына тапсырды.

Қысқа дайындық барысы пысықталған соң «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңдағы өзгерістерге сәйкес атқарылып жатқан жұмыстар сараланды. Бағлан Сағындықұлының айтуынша, биыл жыл соңына дейін облыста 602 мүлік иелері кооперативі бірлестігін және 1917 жай сериктестік құру жоспарланған. Бүгінгі таңда 121 мүлік иелері бірлестігі және 1021 жай сериктестік құрылған. Жоспарланған көрсеткіштің 76 пайызы орындалыпты. Бұл бағытта Қапшағай, Талдықорған, Текелі қалалары мен Ескелді, Іле, Райымбек, Талғар, Үйғыр аудандарында жұмыс қарқыны төмен. Ал арнайы техникамен анықталған 638 стихиялы қоқыс үйіндісінің 443-і жойылған. 22 қырқүйектегі ақпарат бойынша Ақсу ауданында 6, Ескелді ауданында 14, Еңбекшіқазақ ауданында 6, Іле ауданында 8, Талғар ауданында 18 қоқыс үйіндісі әлі де шашылып жатыр. Қалған 192 қоқыс үйіндісінің 16-сы қалдық полигоны шегарасының сыртына төгілген. Ал 31 қоқыс үйіндісі Қарасай, Қаратал, Талғар аудандары мен Талдықорған қаласындағы жеке жер телімдерінің аумағына орналасқан.

Заңсыз қоқыс полигондарын жою Мемлекет басшысының тікелей қадағалауындағы дүние. Алайда осы міндетті толық атқара алмаған аудан, қалалардың қатары көп. Осыны еске салған Лаззат Мақатұлы стихиялық қоқысты жинау, сұрыптау, тиісті жеріне төгу жайлы міндеттерді тұрғындарға түсіндіру жұмысы өз деңгейінде жүрмей жатқанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдарға полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып, кемшіліктерді қатаң бақылауға алуды тапсырды. Қоқыс жатқан жер телімі иелеріне де қатаң шара қолдану керектігі тапсырылды.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫН ЖЕДЕЛДЕТУ ҚАЖЕТ



Облыстық мәслихат хатшысы Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ бастаған бір топ депутаттар Қарасай ауданына жасаған жұмыс сапары кезінде В. Белинский атындағы орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстарына депутаттық мониторинг жүргізді.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Қаскелең қаласында орналасқан аталған мектеп аудан бойынша ғана емес, облыстағы ең көне білім беру мекемесі. Биыл оқу орнының 154 жылдығы атап өтіледі. Ал мектеп орналасқан ғимарат 1990 жылы, яғни, осыдан 31 жыл бұрын салынған. Оған күрделі жөндеу бірінші рет жүргізіліп отыр. Жанболат Әкебайұлы атап өткендей, мониторингтің негізгі мақсаты – жұмыс барысын тікелей құрылыс басында зерделеу, мердігерлермен, мектеп басшылығымен, аудандық білім және құрылыс бөлімдерінің өкілдерімен бірлесе отырып туындаған мәселелердің байыбына бойлап, оны тиімді шешу жолдарын бірге қарастыру.

Бұл нысандағы бас мердігер – «Авторемстрой ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Техникалық қадағалауды «Аймереке» ЖШС, ал авторлық қадағалауды «ЭлМ» ЖШС мамандары жүргізеді. Құрылыстың жалпы сметалық құны бір миллиард теңгеден асады. Аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Жарас Қатубаевтың айтуынша, мұндағы күрделі жөндеу жұмыстары биылғы 1 шілдеде басталған. Аяқталуы 1 қарашаға жоспарланғанымен жұмыс қарқыны баяу. Бұл қалпымен қарашаның немесе тіпті желтоқсанның аяғына дейін созылатын түрі бар. Осыған байланысты ғимараттағы атқарылатын жұмыстардың өндірістік кестесін қайта қарауға тура келеді. Мұнда қазір мәрелік левкас жағу жұмыстары жартылай ғана орындалған, электр жабдықтарын жүргізу аяқталуға жақын, еден құйылып жатыр, жылу жүйесінің құбырлары тартылуда. Ғимарат қасбетін әрлеу және басқа да жұмыстар қатар атқарылуда.

Мәслихат хатшысы журналистерге берген сұхбатында депутаттардың осындай мониторингті өңірдегі түрлі елді мекенде салынып және жөнделіп жатқан барлық бюджеттік нысандарда жүргізгенін айтты. Белинский атындағы білім ошағындағы жұмыстың кестеден кешігуі мемлекеттік сатып алу жөнжосығының біршама кеш басталуымен байланысты. Оған қоса мердігерлердің өзі де жұмысты кеш бастаған. Сондықтан құрылыс қарқынын жеделдету қажет. Бұл нысанда 120 адам жұмыс істейді.

Қарасай ауданы

Дөңгеленген дүние



ПАРИЖДЕГІ КӨЛІКСІЗ КҮН

Франция астанасы Париж бір күн ішінде автомобильсіз қалаға айналды.

Қала тұрғындары мен туристер Елисей алаңында еркін қыдыру үшін Парижде көліксіз күн шарасы қолға алынды. Бұл күні ел астанасының автомобильге толы көшелеріндегі қозғалыс тоқтатылды. Сонымен қатар, Париж тұрғындарына велосипед пен қоғамдық көліктерді белсенді пайдалану және ең бастысы – қалада жаяу қыдыру ұсынылды. Бұл күні полицейлер мен өрт сөндірушілер, «Жедел жәрдем» көліктері, такси және туристік автобустар ғана жолға шыққан. 2015 жылы Париж орталық аймақта автомобильсіз алғашқы күнді өткізді, ал 2017 жылы бұл бастама қала ішіндегі басқа аудандар арасында да таралған. Қала билігі жыл сайынғы шараны көлік құралдарын пайдалануды азайту және ауаның ластануын төмендету мақсатында ұйымдастырады. Қазірше көліксіз күн шарасы санаулы елді мекендерде ғана өтуде. Алайда бұл бастама әлемнің ең үлкен қалаларында жиі қолға алынса, құба-құпболары сөзсіз.



107 ЖАСТАҒЫ ЕГІЗДЕР

Жапонияда 107 жыл өмір сүрген апалы-сіңлілі Умено Сумияма мен Коуме Кодама ғаламшардың ең кәрі егіздері атанып, Гиннестің рекордтар кітабына енді.

Олар 1913 жылы Кагава префектурасының Седо аралында дүниеге келген. Уменоның төрт,ал Куменің үш баласы бар. Қазіргі кезде Умено мен Куме елдің түрлі бөлігіндегі қарттар үйінде тұрып жатыр. Гиннестің рекордтар кітабына енгені туралы сертификаттар коронавирус пандемиясына байланысты пошта арқылы жіберілген. Жаңа рекорд Жапонияда жыл сайын атап өтетін Қарттарды құрметтеу күніне орайластырылған. Умено Сумияма мен Коме Кодама бұған дейін 2000 жылы жапондық апалы-сіңлілі егіздер Кин мен Джиннің рекордын жаңартты. Соңғы жылдары Ногояда апалы-сіңлілі кейуаналар ерекше танымал болды. Жапония – әлемде ұзақ өмір сүрушілері ең көп ел. Гиннестің рекордтар кітабының мәліметінше, әлемде жасы ең үлкен әйел 118-де – бұл титул Жапонияның Фукока аралында тұратын Кане Танакаға тиесілі. Жасы ең үлкен ер адам – 1908 жылы дүниеге келген пуэрторикандық Эмилио Флорез Маркез,ол – 112 жаста.



ЖАНУАРЛАРДЫ ІНДЕТТЕН ҚОРҒАУ

Franklin және Stone хайуанаттар бағының қызметкерлері коронавирус жұқтыруға бейім жануарларға вакцина сала бастады.

Бұл туралы АҚШ-тың солтүстік-шығыс аймағы хайуанаттар бағының сайтында хабарланды. «Жаңа Англияның (АҚШ-тың солтүстігін әдетте осылай айтады) Franklin және Stone хайуанаттар бақтарында жануарлар арасында COVID-19 жұқтыру оқиғалары болмағанымен, бұл вакцина – вирус жұқтыруға бейім жануар түрлерін қорғау үшін маңызды алдын алу шарасы», – деді Жаңа Англия хайуанаттар бағының аға ветеринары Крис Бонар. Вакцинаны бірінші кезекте коронавирус жұқтыру қаупіне ұшыраған жануарлар алады. Вакциналау үшін Ptizer-дің құрылымдық бөлімшесі болыптабылатын Zoties ветеринарлық фармацевтикалық компаниясының препараты қолданылуда. Zoties төрт апта интервалмен екі дозамен салынады. Қауіп шеңберіндегі барлық жануарларды толық вакциналау үшін үш-төрт ай уақыт қажет болады. Zoties ветеринарлық фармацевтикалық компаниясы 11 мыңнан астам доза бөлді.



ВИРУСТЫҢ БАЛАЛАРҒА ӘСЕРІ

Жаңа коронавирус инфекциясы ересектермен салыстырғанда балаларда жеңіл өтеді. Бұл туралы Ресей Орталық ғылыми-зерттеу институтында айтылды.

«Балалар арасында анағұрлым осал топқа бір жасқа дейінгі сәбилер және жасөспірімдер жатады. Себебі, бір жасқа дейінгі балалар коронавирусты ата-аналарынан жұқтырады. Бұл кезде олардың иммунитеті әлі қалыптасып үлгермейді. Сондықтан, кез келген инфекция оларға қатты әсер етеді», – дейді ресейлік ғалымдар. Олардың айтуынша, 14 жастан асқан балалар арасындағы жұқтыру жағдайының көп болуы, олардың әлеуметтік белсенділігімен байланысты. «Жасөспірімдердің вирусты жиі жұқтыруының екінші себебі – дельта штаммы. Қазіргі кезде ол Ресейде көп таралған», – дейді сарапшылар. Сонымен қатар, ресейлік ғалымдар жасөспірімдердің де ересектер сияқты ауруды әрқалай қабылдайтынын айтты. Алайда ғалымдардың сөзінше,орташа алғанда жасөспірімдер ересектер сияқты қатты ауырмайды. Айта кетейік, былтыр ел арасында балалар ауырады, олар де ересектер сияқты қиналады деген анық емес ақпарат тараған еді.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

№107
(18959)

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Seısenbi,
28 qyrkúıek,
2021 jyl

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖОЛ КАРТАСЫ СӨЗ БОЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Nur Otan» партиясының Сайлауалды бағдарламасын орындаудың Жол картасын іске асыру аясында атқарылған жұмыстар сөз болды. Осы отырыста ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты РАЙЫМҚҰЛОВА мен Білім және ғылым министрі Асхат АЙМАҒАНБЕТОВ бағдарламаның орындалуы жайлы баяндама жасады. Жиынға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ және оның командасы онлайн режимде қатысты.

Қажет АНДАС

Баяндамашылардың айтуынша, бүгінгі таңда бағдарлама аясында қыруар шаруа тындырылған. Айталық, Мәдениет және спорт министрлігі «Nur Otan» партиясының Сайлауалды бағдарламасының Жол картасын орындау аясында кешенді жұмыстар жүргізуде. Аталған бағдарламаның 12 тармағы мәдениет, 11 тармағы спорт және дене шынықтыру, 2 тармағы туризм индустриясын дамытуға арналған. Министрлік осы тармақтарда көрсетілген міндеттер негізінде жоспар құрып, өңірлермен тығыз қарымқатынаста жұмыс жүргізіп келеді. Нәтижесінде, еліміздің әр өңірінде мәдениетімізді мәйектететін, спорт саласын өркендететін, туризмге қан жүгіртетін бірқатар ауқымды жоба атқарылған. Жол картасы бойынша облыста мәдениетіміздің бет-бейнесін жаңартатын 9 нысан жоспарланған.

– Қазір бұл нысандар туралы толық ақпаратты біліп отырмын. Оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынатын нысандар да бар. Жыл соңына дейін барлық жоспар толығымен орындалады деп сенім білдіремін, – деді аймақ басшысы.

Отырыстағы сұраққа арқау болған 9 нысанның 5-і Мәдениет үйі, ал қалғаны саябақтар. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Марлен Көлбаев 5 нысанның жыл соңына дейін игілікке берілетінін айтса, қалған 4 нысан бойынша конкурс өтіп, тиісті қаржысы бөлініп, жұмысқа кіріскенін жеткізді.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетовтың баяндамасында аймағымыздағы білім шаңырақтарының жай-күйі туралы сын айтылмады. Бұл осы саладағы жұмыстың бәрі орындалды дегенді көрсетпейді. Өйткені, облыс оқушыларын мектеппен қамту әлі де күн тәртібінен түскен жоқ. Құрылысы жүріп жатқан білім шаңырақтары да көп, алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыс жалғаса береді. Сондықтан «Nur Otan» партиясының Сайлауалды бағдарламасының Жол картасында көрсетілген жоспарларды орындау үшін тынымсыз еңбектену керек.

Селекторлық жиын біткен соң Амандық Ғаббасұлы орынбасарлары мен басқарма басшыларынан атқарылған жұмыс туралы есеп алып, алдағы міндеттер туралы сұрап білді. Сондай-ақ, осы аптада арнайы комиссияның мәдениет және білім нысандарын аралап, нақтылы қорытынды шығаруын тапсырды.

– Елбасы, партия лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша біз әр аудан, қалада сайлауалды уәделерді орындау бойынша жол картасын бақылаудамыз. Қол жеткізген нәтижеге қанағаттанбай, тынымсыз жұмыс істеуіміз керек, – деп атап өтті Амандық Ғаббасұлы.

БАҒА МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИН Үкіметтің Цифрлық офисінде орталық мемлекеттік орган басшылары мен облыс, қала әкімдерінің қатысуымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын реттеу мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

ҚР Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов, Ауылшаруашылық министрі Ербол Қарашөкеев, «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сапархан Омаров, Ұлттық банк төрағасының орынбасары Әлия Молдабекова, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин ағымдағы жағдай мен атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Сонымен қатар, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов және Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек сөз алып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы жайлы атап өтті.

– *Азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу үшін 3,7 миллиард теңге көлемінде қаражат бөлдік. Шағын кәсіп иелеріне аз пайызбен несие берудеміз. 1,2 миллиард теңгеге 8 667 тонна азық-түлік сатып алдық. Қант, май, қарақұмық және басқа да өнімдердің бағасы бақылауда. Әлеуметтік маңызы бар нан өнімдерінің бағасын қалыпта ұстап тұру үшін «Ақсай» нан-тоқаш комбинаты, «Боралдай нан», «Сардар LTD» ЖШС-лері секілді ірі компаниялармен қаржылай келісімшартқа отырдық,* – деді аймақ басшысы Амандық Ғаббасұлы.

Аграрлық елдердегі, оның ішінде ҚР-дағы қолайсыз климаттық жағдайлар негізгі ауылшаруашылығы дақылдары шығымдылығының төмендеуіне алып келді. Осыған байланысты бағаның өсуі, сондай-ақ, көрші елдер тарапынан ауылшаруашылығы өніміне сұраныстың артуы байқалады. Биыл 8 айда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуі 9,7% құрады. Соңғы айда бағаның 0,7 пайызға төмендеуі байқалады.

– *Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу мәселесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ерекше бақылауында. Азық-түлік бағасы – бұл әлеуметтік өзекті мәселе. Үкімет инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін, бірінші кезекте АӨК секторындағы құнды қалыптастырудың бүкіл тізбегі бойында бағаларды тұрақтандыру бойынша іске асырады,* – деді Асқар Ұзақбайұлы.

Инфляцияға қарсы ден қою шаралары аясында 2021 жылы «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ 87 млрд. теңгеге (2020 жылы 40 млрд. теңгеге) ауылшаруашылығы өнімдерін сатып алуды жоспарлап отыр. Бұл ретте сатып алынатын дақылдардың тізбесі 4-тен 9-ға дейін кеңейтілді: жұмсақ бидай, қатты бидай, арпа, сұлы, күнбағыс, рапс, зығыр, соя, қарақұмық. Аталған өнімдер ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін, оның ішінде ұн тарту кәсіпорындарына, құс және мал шаруашылықтарына өткізу үшін пайдаланылатын болады.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бағаны төмендету туралы 68 хабарлама шығарды, 8 тергеу тағайындалды. Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында, Қостанай, Қарағанды, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында ӘМАТ-та сауда үстемесінен асып кетудің және сыйақы алудың 46 фактісі анықталды. Осы өңірлердің басшыларына шекті сауда үстемесінен асыра белгілеген сауда субъектілерін жауапкершілікке тарту жөнінде шұғыл шаралар қабылдау қажеттігі атап өтілді.

Премьер-Министр Асқар Мамин әкімдіктер мен министрліктерге инфляцияға қарсы ден қою шаралары кешенінің уақытылы және толық орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. Егін жинау маусымының аяқталуына байланысты әкімдіктерге «айналым схемасы» бойынша қосымша қаржы бөлуді жеделдету және өңірлік тұрақтандыру қорларына бұрын жеткізілген азық-түлік көлемін сатып алуды жүзеге асыру тапсырылды. Бұл ретте форвардтық сатып алу шеңберінде астық жеткізу бойынша «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ алдына ауылшаруашылығы тауарын өндірушілердің міндеттемелерін орындау мәселесі қойылды.

БӘРЕКЕЛДІ!

ТҰРҒЫНДАР ҚУАНЫШЫ



Жаркент өңіріндегі елді мекендердің асфальтталмаған көшелеріне жүргізілген жөндеу жұмысы тұрғындарды қуанышқа кенелтті. Өткен жылы ауылдар мен аудан орталығында көптеген көше жөнделіп, осы үрдіс жалғасын тапты. Биыл Жаркент қаласындағы Қонаев, Жапарқұлов, Головацкий, Сыпатаев көшелерінің тұйықтары ретке келтіріліп, асфальтталды. Қала ішіндегі және өңірдегі көшелерді жөндеу жұмыстарымен «Максжолқұрылысы-21» ЖШС айналысуда.


Ағымдағы жылы Жаркент өңіріндегі жол жөндеу мен жол белгісін орнатуға бюджеттен 471290,0 мың теңге қаржы бөлінді. Осы қаржының 36494,0 мың теңгесі Жаркент қаласындағы Қожбанбет би көшесіне, 94931,0 мың теңгесі Әулиеағаш ауылындағы Елубаев көшесіне жұмсалып, жұмыс толық аяқталды. Сол сияқты Жаркент қаласындағы №1, Алматы, Сыпатаев, Ходжамияров көшелерін күрделі жөндеуге мемлекеттік сараптама қорытындыларының мерзімі өтіп кеткендіктен қайта есептеу жұмысы жүргізілуде. Сарыбел ауылындағы Көбіков, Нұржеке, Бейбітшілік көшелеріне «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қомақты қаржы бөлініп, жөндеу жұмысы басталды.

– Ауданымызда автомобиль жолдарына қатысты бірқатар шешімін күткен мәселелер бар. Атап айтсақ, Жаркент қаласындағы ені тар 56 тұйық көшеге ағымдағы жөндеу жұмысына жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға, аудан орталығы мен ауылдардағы көшелерге жол белгісін орнатуға және республикалық маңызы бар Алматы-Көкпекті-Шонжы-Көктал-Қорғас автомобиль жолын орташа жөндеу мен Сарыөзек-Көктал тасжолының Қойбын шатқалындағы сел шайған көпірді жөндеу жұмысына қаржы бөлінбей келеді, – дейді аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Арғын Саурықов.

Заман ағымы елді мекендердің инфрақұрылымын озық үлгіде жасауды талап етеді. Бұл үрдістен шегара шебіндегі Панфилов ауданының халқы да қалыс қалып отырған жоқ. Кейінгі жылдары жолдар жөнделумен қатар көшелер жарықтандырылып, өңір тұрғындары табиғи газбен қамтылып, елді мекендерге ауызсу құбырлары тартылып, өңір өркениеті өрістеуде.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

МҰҚАҒАЛИ – 90



...Мұқағали ақынның адам қолымен емес, табиғаттың тылсым күшімен сомдаған алып бейнесі Алатаудың бір сілеміне көрік беріп тұр.
(Газет мақаласынан).

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ

Ғажайыпқа сен мұны бала, мейлі, балама,
Тылсым сыр көп өмірде сыймайтұғын санаға.
Қарасазын сағынып, жырларыңдай ағылып,
Туған жердің тасына өніп шықты жан аға.

Тас демейік мұны біз — жүрегі бар тастың да,
Бұрқ-сарқ еткен жанартау жатар таудың астында.
Туған жерді сүюдің көрінісі бұл тылсым,
Бұл керемет ақынның сағынышы асқынған.

Тасқа айналған ақынның қасы, көзі, құлағы,
Әлпетіне түңғиық асқақ бір ой тұнады.
Зеңгір көктен аялап аңсап өткен шуағы,
Еркелейді етекте сылдыр қағып бұлағы.

Шақырады тау, орман — тарқамаған құмары,
Ән салады сызылып қияғы мен құрағы.
Шағын ғана мүсін боп қонақтапты беткейге,
Шың боп кетпей шын ақын қалай ғана шыдады?

Мұқаң болып табиғат сөйлеп қоя берердей,
Жақпар-жақпар жартасқа қарап тұрмын елеңдей.
Нағыз ақын осындай тауда ғана туады,
Хас таланттан туады өлмейтұғын өлеңдер!

Ғұмыр кешті ұлы ақын сезім-отқа қарылып,
Ол сезімнен қазір де кетті демен арылып.
Тұла бойын кернеген тау-құдірет қуаттан
Таңғалмаймын тас мүсін кетсе қазір жарылып.

Арман еткен шөп болып шығып қайта көктеуді
Мұқаң рухы мәңгілік мекен етті беткейді.
Махаббат пен мейірім тұнып тұрған бұл жерде
Жоқ өсек пен ерегес,
Атқан оқ та жетпейді.

Күншілдер жоқ бұл жерде иттеріне талатқан,
Қаскөй де жоқ, бит те жоқ жабысатын балаққа.
Елім деген перзентім еңселеніп тұрсын деп
Тау бетіне оңаша орнатты ма Жаратқан?!.

Ақынына бас имей өткен небір күштіге,
Жалбақтамай күн кешкен тырнақты мен тістіге.
Жамандықты көрге ала кетпек болған өзімен
Ниетіне көл-көсір мейірімі түсті ме?

Жаратушым, нұр сәуле төккен қала, далаға,
Өзіңнен бір керемет тілегім бар қалаған —
Тас боп өнген талантты шуағыңмен аяла,
Перзентіңнен рақымың, мейіріңді аяма!

Тас бейне тұр қасқайып туған жердің төсінде,
Қалғымайды ол түнде де, таңертең де, бесінде.
Қазақ елін ардақтап төбесіне көтерген
Ақын елдің есінде,
Ақын елдің есінде!

ЖҰМЫС САПАРЫ

Мемлекеттік хатшы Қырымбек КӨШЕРБАЕВТЫҢ Алматы облысындағы жұмыс сапары Талғар ауданында жалғасын тапты. Сапар барысында ол саяси қуғын-сүргін құрбандарының ескерткішіне гүл шоғын қойып, Жаңалықтағы жергілікті музейдің жұмысымен танысты.



АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ ТАҒЗЫМ

Қуаныш ТҰҢҒАТАР

Музейге ат басын бұрған мәртебелі меймандардың қатарында Парламент Мәжілісінің депутаты Айдос Сарым, Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева да болды. Нұр-Сұлтаннан келген жұмыс тобы алдымен қызыл жүйенің құрбаны болған Алаш арыстарының құнды жәдігерлерін көрді.

Музей меңгерушісі Мейіржан Мұсабаев қонақтарға саяси қуғын-сүргін жылдарынан хабар беретін жәдігерлер жайында әңгімелеп, тың мәліметтермен бөлісті. Содан кейін мұражайдың мәжіліс залында саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі облыстық комиссия өкілдерімен кездесу өтті. Маңызды басқосуда ғылыми экспедициялық-іздестіру жұмыстарына, оның нәтижесіне, дәлел-дәйектеріне ерекше назар аударылды.

Кездесуде Қырымбек Елеуұлы атап өткендей, қуғын-сүргінге ұшырағандарды толықтай ақтау – ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттерінің бірі. Ақтау жұмыстары тарих пен мұрағат деректеріне сүйеніп, тыңғылықты зерттеу негізінде жүргізіледі. Бүгінде дәл осы бағытта облыста 7 жұмыс тобы құрылған және олар өз міндеттерін тыңғылықты атқаруда. Жұмыс тобының қарауында бір жарым мыңға жуық мұрағаттық материал бар. Зерттеу нәтижесінде жазықсыз жапа шеккен 2326 адам ақтауға жататыны анықталды.

Айта кету керек, 2018 жылы Жаңалық ауылында саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейі бой көтерді. Музейде үш зал бар. Әр залға қуғын-сүргін тарихына қатысты атаулар берілген. Музейде 1916-1986 жылдардағы қуғын-сүргін тарихынан және «Әділет» тарихи-ағартушылық қоғамдық бірлестігі мен оның қызметінен мәліметтер ұсынылады. Сондай-ақ, музейде зұлматты кезеңнің құрбандарын еске алуға арналған реквием бөлімі жұмыс істейді.

Талғар ауданы

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ



ҚАЗАНДЫҚТАР ЖАҢАРТЫЛДЫ

Талдықорған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының бөлім басшысы Нұрым Алиұлының айтуынша, облыс орталығында жалпы 71 әлеуметтік сала объектісі бар. Оның 46 білім беру мекемесінің 37-сі орталықтандырылған жылуға қосылған, 9-ы автономды жылуға ие. 11 денсаулық сақтау объектісінің 4-і, 14 мәдениет мекемесінің 4-і орталықтандырылған жылуға қосылған. Бюджеттік мекемелердің қатты және сұйық отын дайындау ісі де негізінен орындалған. Айталық, «Шарур логистик» ЖК мәдениет мекемелері бойынша жоспардағы 53 тонна, №1 емхана бойынша жоспарланған 121 тонна, № 2 емхана бойынша жоспарланған 30 тонна қатты отын толықтай жеткізілген. Ал «Рустамов» ЖК білім беру саласы бойынша жоспарланған 96 тонна сұйық отынды, 830 тонна қатты отынды тасымалдау жұмысын толық аяқтаған.

Қажет АНДАС

Жылыту маусымына дайындық штаттық режимде үзіліссіз жүруде. Кейінгі жылдары қаладағы қазандықтарды күрделі және ағымдағы жөндеу мен табиғи газға ауыстыру қарқынды жүргізілуде. Айталық, «Жетісу» шағынауданында орналасқан №1 квартал қазандығы қайта жаңғыртылып, 2013 жылы пайдалануға берілді. Бүгінде онда 35 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Қазандықтың жұмысын қайта құруға өткен жылы 637 млн. теңге, биыл 436,8 млн. теңге бөлінді. Қазандықтар табиғи газ және мазутты отын ретінде пайдаланады. Екі қабатты ғимаратқа орналасып, айналасы абаттандырылған жылыту қазандығы 112 жүктеме үй, 70 көпқабатты тұрғын үй, 8 бюджеттік ұйым, 97 басқа тұтынушылардың үйлерін жылатады.

Алдабергенов пен Төлебаев көшесінің қиылысына орналасқан №2 қазандық 2009 жылғы желтоқсанда пайдалануға берілген. Биыл аталған қазандыққа Талдықорған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі тарапынан экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында қайта жаңғырту жұмысы жүргізілуде. Мердігер – «АзияЭнергоПроект Монтаж» ЖШС. Жобаның құны 1,893 млрд. теңге, конкурс қорытындысы бойынша 1834 млрд. теңге сомасына ҚМЖ шарты жасалған. Негізгі отын ретінде газ және резервтік сұйық отын М100 маркалы мазутты пайдаланады. Екі қабатты ғимаратқа орналасқан нысанда 2 (КВГМ– 16,5-150) қазандық бар. Қайта құруға дейінгі қуаты 21 Гкал/сағ болса, жаңартудан кейінгі қуаты 42,5 Гкалсағ. жетпек. Аталған қазандық 135 жүктеме үй, 35 бюджеттік ұйым, 117 басқа тұтынушылардың үйлерін жылытады.

№3 қазандыққа өткен жылы 976 млн. теңгеге күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген. Бүгінде 28 адам жұмыс істейді. Екі қабатты ғимаратқа орналасқан нысанда қуаты 28,4 Гкал/сағ жылу беретін 2 (КВ-ГМ-20-150) қазандық бар. Осы арқылы 44 жүктеме үй, 20 көпқабатты тұрғын үйді, 9 бюджеттік ұйым, 32 басқа тұтынушыларды жылумен қамтамасыз етеді. Жылыту маусымына 4894,7 мың текше метр табиғи газ кетеді. Жылыту желісі 12,8 шақырымды құрайды.

«Шығыс» шағынауданындағы № 5 қазандық 2015 жылы пайдалануға берілді. Биыл Талдықорған қалалық тұрғын үй-коммуналдық бөлімі тарапынан экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында қайта жаңғырту жұмысы жүргізілуде. Мердігер «АзияЭнергоПроект Монтаж» ЖШС жүргізетін жобаның жалпы құны 712 млн. теңгені құрайды. Онда КВр-6, 8-115 маркалы 3 су жылыту қазандығы, КВр-1,74-115 маркалы 1 су жылыту қазандығы бар. Қазандық жаңартылғаннан кейінгі қуаты 19,5 Гкал/сағ-қа жетеді. Осы арқылы 32 жүктеме үй, 1167 пәтер, 25 бюджеттік ұйым, 2 басқа тұтынушылардың қыстан қысылмай шығуына жағдай жасамақ.

Демек, биыл тұтас қала жаңартылған қазандықтар бойынша жылытылады.

Талдықорған қаласы ►

ӨРЛЕУ

ЖАҢА ТЕХНИКАМЕН ТОЛЫҚТЫ

Аудандағы ауылшаруашылығы құрылымдарына заманауи техника сатып алу мәселесі басты орынға қойылып отыр. Мемлекет тарапынан беріліп отырған жеңілдіктерді ұтымды пайдаланып, ауылшаруашылығымен айналысып жүрген азаматтар жетерлік. Әлбетте, бұл салада еңбек ететіндер техника болмай іс өнбейтінін жақсы біледі.

Ауылшаруашылығында өнімділікті арттырудың бір жолы – сапалы әрі жаңа техника. Шаруа қожалықтары бар мүмкіндікті пайдаланып, лизинг арқылы жаңа техника алуда. Мемлекет те техникаларды жаңартуға мүдделі. Елде 2016 жылдан бастап ауылшаруашылығы техникаларын несиелеудің тың бағыты жүзеге асырыла бастады. Яғни, несие серіктестері арқылы ауылшаруашылығы техникаларын сатып алу. Биыл 7 айда ауданда ауылшаруашылығы құрылымдары «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы тапсырыс беріп, 5 техникаға қол жеткізген. Бұдан бөлек, шаруа қожалықтары жеке қаражаттарына ауылшаруашылығы техникаларын сатып алды. Жалпы, жыл басынан бүгінге дейін аудан бойынша жалпы сомасы 154 млн. 889 мың 750 теңгені құрайтын 29 техника сатып алыныпты.

Нақтырақ айтсақ, 12 трактор, 7 дана тиегіш, 4 дана шөпшапқыш, 1 дана сепкіш, 1 дана дәрі бүріккіш, 1 дана тіркеме, 1 дана тырма және 2 дана шөп тайлағыш алынған. Мәселен, «Уштобинский» ЖШС «Беларусь 892» тракторын, ал «Тастөбе-Агрофуд» ЖШС тиегіш техникасын алуды ұйғарған. Сондай-ақ, «Жасұлан», «Шаяхмет», «Бисұлтан» ШҚ егін егуге, жинауға қажетті ауылшаруашылығы техникаларын алып, көліктерін жаңартты.

– Ауданда жылына шамамен 25-30 дана ауыл шаруашылығы техникалары алынады. Шаруа қожалықтары биыл жалпы құны 18 млн. теңгені құрайтын екі жаңбырлатқыш машина сатып алды. Ауылшаруашылығы құрылымдары жыл сайын жаңа техникамен толығып отырады, бұл өз кезегінде жұмыс өнімділігін арттырады. Ауылшаруашылығы өнімін еш қиындықсыз, шашау шығармай жинауға септігін тигізеді, – дейді аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы Данияр Кәкімов.

Осылайша, ауданда ауылшаруашылығы техникалары жаңаруда. Бұл егістік даласында бел жазбай еңбек етіп, нәпақасын тауып жүрген шаруалардың жұмысын алға жылжытуға септігін тигізеді.

А. БАҚЫТҰЛЫ
Қаратал ауданы

100 НАҚТЫ ҚАДАМ

Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам мемлекет пен қоғам дамуының жаңа биіктерге жету жолын көрсетіп берді. Қоғам дегеніңіз – халық. Мемлекеттің мәртебелі әр бастамасы ел болашағына жасалған іргелі қадам.

ҰЛТ ЖОСПАРЫ



Тұңғыш Президент, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл бағдарламасы тың идеялардан бастау алған және Қазақстанның алдағы күнде жүзеге асыруға тиісті зор бағдарламасы және мемлекет пен халықтың келешегін нықтап берген Ұлт жоспары болатын.

Бес жылдан астам уақыт бедерінде Ұлт жоспарының әр қадамы кезең-кезеңмен жүзеге асуда. Қоғам мұны өз өмірінен, өңірлердің оң өзгерістерінен және тұтас мемлекеттегі жүйелі реформалардан айқын сезінуде.

Адамдарға игіліктер мен сапалы қызмет көрсету қолжетімді болуы тиіс.

Ұлт жоспарындағы аса маңызды тараудың бірі – «Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру». Мысалы, «96-шы қадамда не дейді? " Орталық мемлекеттік органдардың статистикалық базалары мәліметтерін онлайн – қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесін алға қояды. Барлық бюджеттік және топтастырылған қаржылық есеп, республикалық және жергілікті бюджеттің орындалуы туралы есеп жарияланатын болды.

Қазір адамдардың статистикалық ақпараттар алуына көп қолайлы жағдай жасалған. Stat.gov.kz сайтында еліміздің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері орналастырылған. Бұл азаматтарға сараптама жасауға қолайлы.

Бұл сайттан өзіңіз мемлекеттік органдарына, полицияға жолдаған өтініштеріңіздің қозғалысын, бизнестегі шаруаңыздың тіркелу жағын да біле аласыз. Бір дерекке көзім түсіп отыр. Осы 30 қыркүйекке дейін біз айтып отырған сайтқа 23 миллион адам тіркелген.

Содан «Ашық бюджет» деген порталдың аты айтып тұрғанындай көпшілікке қолжетімді.

Енді бір өзекті мәселе де орындалып, ауыл, селодағы ағайындар «Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілген» нақты қадамды көріп отыр. Облыс орталықтарында және республикалық маңызы бары қалаларда азаматтардың тиісті бюджеттік жобаларын талқылауға қатысуының негізгі тетіктері жұмыс істейді.

Керек дерек: 2018 жылдан бастап 2345 селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қалаларда бюджеттің IV деңгейі енгізілді. Бұл нені көрсетеді?

Ауыл-селоның өз бюджеті бар. Әлеуметтік мәселенің мәні артты. Дербестік берілді. Салықтың 5-6 түрінен қаржы түседі. Біздің Жамбыл облысы, Сарысу ауданына қарасты Тоғызкент ауылдық округінің әкімі Дархан Бәйімбетов бұл мәселеге дән риза. Себебі, ауылдағы қоғамдық ұйымдар ортақ іске белсенді болып, салық тәртібіне ерекше қарай бастады. Олар қай қаржыны қандай мәселеге жұмсауда адалдық пен қадағалау жасай алады. Көше көркі, жасыл желекті әрі тегіс ойын алаңы сияқты көптеген игі іске назар аудара бастады. Ұлт жоспары дәл осы тұрғыда толық орындалғанын аңғартады.

Әр нақты қадам туралы жан-жақты, түйіндеп айтуды жөн көрдік. Енді осы сипаты бір-бірін толықтыра түсетін аталған тараудың 99-қадамына ерекше назар аудару қажет. Міндет мынадай еді: мемлекеттік органдар мен әкімдер жанындағы қоғамдық кеңестің стратегиялық жоспарлары мен аумақтық даму бағдарламаларын: бюджеттерді, есептерді, мақсатты индикаторларға қол жеткізуді, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер жобаларын; бағдарламалық құжаттар жобаларын талқылау бөлігіндегі рөлдерін күшейту. Қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері мен мәртебесін заңмен белгілеу, мемлекеттік шешімдерді қабылдау ашықтығын арттыру. Қоғам мен билік арасындағы ықпалдастық қалыптасуда.

Шын мәнінде бұл міндеттерді жүзеге асыру есеп беретін мемлекетті қалыптастыруға үлкен әсерін тигізуде. Көптеген азаматтың қоғам өмірін жақсартуға ұмтылысы жандана түсті.

Барлық деңгейдегі мемлекеттік атқару органдарында Қоғамдық кеңес құрылды. Барлығы 237 Қоғамдық кеңеске әртүрлі саладан 4 мыңнан астам таңдаулы азаматтың мүше болуы да бекер емес. Сенім мен арқа сүйер тірек бар. Ал олардың қарауында 1 мыңнан астам әлеуметтік мәні зор зерттеу жұмыстары жүргізіліп, маңызды сала бойынша 19 мың жоба талқыланғанын ескеретін болсақ, қоғамдық бақылау әділдікке бастап, одан әрі қоғамдық құндылықтарға ұласатынын айтуға тиіспіз.

Қоғамның ілгері дамуы Ұлт жоспары – 100 нақты қадамның жүзеге асуымен айқын көрініс табуы тұтас елдік парасатты саясаттың жемісі деп білуіміз керек. Жұртшылыққа бұл маңызды тақырыптың мәні де зор деп білеміз.

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,"Nur Otan" партиясы депутаттық фракциясының мүшесі

ҚҰРМЕТ

Қарттарым – ҚАЗЫНАМ

Бүгінгі ұрпаққа үлгі болатын қарияларымызды сыйлау, іздеттілік таныту ата-бабаларымыздан келе жатқан салтымыз. Қазақ қариясын сыйлаған халық. «Қарты бар үйдің қазынасы бар!» деп бекер айтылмаса керек.

Қарттар күніне орай Кербұлақ ауданының барлық ауылында шаралар ұйымдастырылды. Кербұлақ ауданының әкімі Ғалиаскар Сарыбаев бір ғасырдан астам өмір сүрген бес ананы төл мерекелерімен құттықтап, гүл шоқтары мен сыйлықтар сыйлады. Жайнақ батыр ауылдық округінде тұратын кейуана әлі тың, өзі жүріп, тұрады. «Үлкен кісінің жасын берсін деп бата сұрайтындар көп», – дейді Джами Куянбаева әжеміз.

Сонымен қатар, 1000-ға жуық ардагерге алғыс айтылып, сыйлықтар табысталды. Әртүрлі форматтағы іс-шаралар, акциялар ұйымдастырылып, мемлекет тарапынан бір жолғы көмек, шипажайларға жолдама, азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері талай жасты тәрбиелеп, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген, 1979–1992 жылдар аралығында Сарыөзек ауылындағы кәсіби өрт сөндіру басшысы қызметін атқарған Виктор Оберенконі аталмыш төл мерекесімен құттықтап, сыйлықтар табыстады.

Сондай-ақ, Кербұлақ ауданының полиция қызметкерлері де ардагерлерге құрмет көрсетті. Кездесу барысында ардагерлер қызметкерлерге тәлімгерлік бағыт-бағдар берді.

Раушан БИСЕМБЕККЫЗЫ,
Кербұлақ ауданы әкімінің баспасөз хатшысы

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Ежелгі өркениеттер ғылымын зерттеу б.з.д III ғасырдың өзінде ғылыми білімнің бастамасы пайда болған мемлекеттердің географиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани жағдайының ерекшеліктерінен басталуы керек.

ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТТЕР ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мысалы, Нілдегі су тасқыны (егер біз Ежелгі Мысыр туралы айтатын болсақ) жағалаудың конфигурациясын өзгерту және геометрия саласындағы білімді дамыту қажеттігін тудырды. Сонымен қатар, теңізде жүзу астрономияның дамуына алып келді. Басқа мемлекеттермен сауда-экономикалық қарым-қатынастың дамуы шотты енгізуді және математиканың дамуын қажет етті. Бұл ретте географиялық ерекшеліктердің өзі ғылымның дамуының айқындаушы факторы бола алмайтынын ескерген жөн. Дәл осындай географиялық жағдайлар, мысалы, басқа елдерде, ғылыми таным бастамаларының пайда болуына әсер ете алмады. Аталмыш елдердің барлығы касталық жүйемен ерекшеленді – бұл факторды да ескеру қажет, ол ежелгі ғылымда сын-пікірдің жоқтығына әсер етті.

Егер біз Ежелгі Мысыр туралы айтатын болсақ, онда пирамидалардың құрылысы сол кездегі ғылымның дамуына қалай әсер еткенін көрсетуді қажет етеді. Ежелгі қоғамда ғылыми танымның пайда болу кезеңі ғылыми таным мен әлемнің мифологиялық бейнесінің жиынтығы сияқты ерекшеліктермен сипатталады. Ғылыми таным сол кездегі әлемнің мифологиялық көзқарастарына қайшы келген жоқ. Астрономия саласындағы кең көлемді білім әлемнің мифологиялық бейнесіне сәйкес келеді. Мысалы, аспанды Нут құдайының ұзартылған денесі ретінде түсіндірді.

Біз мысырлықтардың әртүрлі ғылымдағы нақты жетістіктеріне назар аударамыз. Ежелгі Мысырда астрономия мен математика сияқты ғылымдар дамыды. Аспанға, күн мен айдың тұтылуына (800-ден астам ай мен 300-ден астам күн тұтылулары) бақылау жүргізілді. Бұл – құбылыстарды болжауға мүмкіндік берді. Ежелгі мысырлықтар 12 айдан тұратын күнтізбені құрды. Әр айда 30 күн болды, ал қалған 5 күн қасиетті болып саналды. Жыл 365 күннен тұрды. Мысырлықтардың бөлшектер, қосу мен азайтумен қатар арифметикалық және геометриялық прогрессия туралы түсініктері болды. Олар тіпті пи санын білді, формула бойынша шеңбердің, үшбұрыштың ауданын, пирамиданың, цилиндрдің, кесілген конустың көлемін есептей алды, теңдеулерді шеше алды.

Бұл кезеңдегі ғылым бар болмыспен шектелді, яғни, қолда бар заттармен жасалған тәжірибеден аспады. Осы себепті ғылымның болжау функциялары нашар дамыды. Ғылыми танымның аталған салаларынан басқа Ежелгі Мысырда медицина, бальзамдау және пирамидалардың құрылысына қатысты ғылымдар кешені дамыды. Мысырлықтар миллион санын білетін. Бір қызығы, ол пирамидалардың құрылысы дәуірінде енгізілген (бұл санның иероглифі пирамиданың фонында таңғалып қолын көтерген адамды бейнелеген) және осы кезеңнен кейін ол сан қолданыста қажет болмағандықтан ұмытылды. Ежелгі мысырлықтардың осындай әсерлі жетістіктеріне қарамастан бұл кезеңді нағыз ғылым кезеңі деп атауға болмайды, ал ғылым тарихы бойынша көптеген дереккөзде бұл кезеңді ғылымға дейінгі кезең деп атайды. Ол сол алғышарт болуымен де құнды.

Данат ЖАНАТАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, философия ғылымдарының кандидаты,
Анел ИСМАИЛ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті физика-техникалық факультетінің магистранты

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

БЕС ЖЫЛДА 44 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Маңғыстау облысының 2025 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары таныстырылып, ел аумағындағы канал мен су қоймаларын салу және қайта жаңғырту мәселесі қаралды. Жиынға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып, аймақтағы су шаруашылығы бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды айтып берді.

Қажет АНДАС

Бірінші мәселе бойынша ҚР Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев, Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкенов, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев баяндама жасады.

Лауазымды тұлғалардың айтуынша, Маңғыстау облысында дамудың кешенді жоспары аясында 2,1 трлн. теңге сомасына 214 жоба іске асырылады. Нәтижесінде инвестиция 2 есе ұлғайып, өңір экономикасы 32%-ға өседі. Осы арқылы еліміздің мұнай-газ секторының, өңдеу өнеркәсібінің, туризмнің, көлік пен логистиканың тағы басқа салалардың дамуына серпін береді. Сонымен қатар, Маңғыстау облысының әлеуметтік, инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымы жаңарып, өңір халқы сапалы ауызсумен толық қамтамасыз етіліп, 60 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылады. Өнеркәсіп көлемі 27%-ға, халықтың нақты табысы 40%-ға өспек.

Күн тәртібінде қаралған екінші мәселе бойынша Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев, Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, Түркістан, Қызылорда, Алматы облыстарының әкімдері баяндама жасады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев суармалы жерлердің ауданын 2025 жылға қарай 2,2 млн. гектарға, ал 2030 жылға қарай 3 млн. гектарға кеңейту бойынша нақты міндет жүктеп отыр. Бұл суды тиімді пайдалануды, ең жаңа технологияларды енгізуді, саланы цифрландыруды талап етеді. Алдағы бес жылдық кезеңде ұзындығы 2,3 мың шақырым болатын 120 каналды қайта жаңғырту мен жалпы көлемі 1,7 млрд. текшеметр 9 ірі су қоймасын салу жөнінде шаралар қабылданады. Сонымен қатар, өңірлік деңгейде жайылымдық жерлердегі гидротехникалық құрылыстарды, құдықтарды жаңғырту, жөндеу және оларға қызмет көрсету жүргізіледі. Өз кезегінде облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ:**

– Бүгінде облыста 249 гидротехникалық нысан орналасқан. Барлық су желілерінің ұзындығы 17 мың шақырымды құрайды. Сушаруашылығы саласында суармалы жерлерді қалпына келтіру үшін аймақтағы 16 ауданда суару желілерін қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Осы мақсатта жобалау-сметалық құжаттар әзірлеу үшін жергілікті бюджеттен 3,3 млрд. теңге бөлінді. Қазіргі таңда үш ауданда Ислам даму банкі қаражатын тарта отырып, құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде 10,9 мың гектар суармалы жер іске қосылады деп күтілуде. Су шаруашылығы нысандарын күрделі жөндеу бойынша 2018-2020 жылдары 485 млн. теңге сомасында 44 жобаны асыруға байланысты құжаттар әзірленген. Оның ішінде құны 6,5 млрд. теңгелік 24 жоба жергілікті бюджет есебінен атқарылып, 16,6 мың гектар суармалы жер қалпына келтіріледі. Қалған 20 жобаны іске асыру үшін қосымша 9,5 млрд. теңге қаржы керек.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында құны 3,6 млрд. теңге Көксу-Қаратал бөгеті, Панфилов ауданындағы Өсек су торабы, Талдықорған қаласындағы суармалы жерлерді қалпына келтіру жұмысы атқарылуда. Осы жобалар іске асқанда 54 мың гектар жерді сумен қамтамасыз ететін боламыз. Үкіметтен берілген 5,6 млрд. теңге қаржының көмегімен Ақсу ауданындағы Қызылағаш су қоймасын қалпына келтіру жұмысы аяқталды. Бүгінде Қызылағаш ауылындағы ауыспалы алқаптың аумағын 7 мың гектарға дейін ұлғайту үшін құны 8,9 млрд. теңге суару желісін салу бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, бюджеттік өтінім берілді. Қаржы бөлінсе жұмыс келер жылы басталады.

Тағы бір айта кетер дүние – Үкімет басшысының тапсырмасы бойынша Сакадиловка, Бүйен, Сұңқар, Диірмен, Балықты өзендерінен 5 су қоймасын салудың техникалық, экономикалық негіздемесі әзірленуде. Егер осы жоспар іске асатын болса 19,4 мың. гектар суармалы жерді айналымға енгізуге болар еді. Жалпы 2025 жылға дейін облыста 137,8 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіреміз. Су шаруашылығы бойынша жұмыстар жалғасуда және үнемі бағылауда тұр, – деп атап өтті.

Соңында Премьер-Министр Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне бір ай мерзімде 9 су қоймасы мен 120 каналды салу мен қайта жаңғыртудың, сондай-ақ, оларды цифрландырудың, Ауылшаруашылығы, Экология, геология және табиғи ресурстар министрліктеріне облыс әкімдіктерімен бірлесіп, суармалы жерлерде су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша 2025 жылға дейінгі өңірлік жол картасын әзірлеуді, сондай-ақ, жайылымдардағы гидротехникалық құрылыстарды, құдық және скважиналарды жаңғырту бойынша шаралар қабылдауды тапсырды.

БАРЛЫҚ САЛАНЫҢ ЖҰМЫСЫ НӘТИЖЕЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Жыл қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімінің көлемі 1,3 трлн. теңгеден асып, шикізаттық емес экспорт 6%-дық өсіммен 392 млн. АҚШ долларына жетеді.

Ауылшаруашылығын қолдау үшін биыл 50 млрд. теңгеден астам қаржы бөлініп, оның 43 млрд. теңгесі субсидия есебінде берілді. Егістік көлемі 972 мың гектарға жеткен Жетісу жерінде масақты дақыл жинау аяқталып, 864 мың тонна астық бастырылды. Көкөніс пен картоп түсімі 1,6 млн. тонна болса, 100 мың тонна жеміс жиналыпты. Биыл 520 мың тонна қант қызылшасын жинап, 55 мың тонна қант өндіру межеленіп отыр. Көксу қант зауытында тәулігіне 300 тонна қамыс қантын өндіру желісі іске қосылып, жыл басынан бері 42 мың тонна шикізат өңделген.

Көп жылдан бері пайдаланылып келе жатқан суару жүйелерін қалпына келтіру үшін бірқатар шаралар қолға алынып отыр. Биыл барлығы 14 мың гектар жерді суаруға мүмкіндік беретін 21 нысанды күрделі жөндеуге 6,3 млрд. теңге бөлінген. Бұдан басқа, Ислам даму банкі есебінен Ескелді және Ақсу аудандарында суару желілерін қайта жаңарту жүргізілуде.

Облыстың барлық өңірлерінде ет пен сүт өндіретін шаруашылықтар іске қосылып, жергілікті халықтың сұранысын қамтамасыз етіп отыр. Қазір барлығы 83 сүттауар фермасы мен 111 мал бордақылау алаңы жұмыс істейді.

Барлық саланың жұмысы нәтижелі. Атап айтқанда, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, халықты жұмыспен қамту, ауылшаруашылығын қолдау, ішкі туризмді өркендету, білім, денсаулық, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру сынды салалар нәтижесіз емес. Жыл басынан 3 мыңнан астам кәсіпкер қолдауға ие болып, «Бастау Бизнес» жобасымен 3489 адам оқуға жіберілген.

Соңғы екі жылда қойылған карантиндік шектеулерге қарамастан Жетісу жерінің тұмса табиғаты мен әсем де көрікті мекендері отандық туризмнің өркен жаюына септігін тигізген. Мысалы, биыл Алакөл, Балқаш және Қапшағай көлдерінің жағалауында 1,7 миллион адам суға шомылып, уақытын тиімді өткізген. Туристердің басым бөлігінің – 1,3 миллион адамның суы шипалы Алакөлге қиындықсыз жетуі үшін жолаушы тасымалы қарқын алып, қосымша авиарейс мен пойыздар қатынасы ұлғайды. Ол үшін Үшарал қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағы қайта жаңартылып, Ақши ауылында кәріз жүйесінің құрылысы жүргізілуде. Одан бөлек, Балқаш, Көлсай және Қайыңды көлдеріне апаратын жолдар жөнделуде.

Халықты қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік маңызды тауарлардың бағасын тұрақтандыру шаралары жүргізіліп келеді. Ол үшін тұрақтандыру қорлары мен кәсіпкерлік нысандары лайықты қолдау алып отыр. Картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат секілді ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер қолдаудан кенде емес. Соның арқасында өңірдегі 123 мың шағын және орта кәсіпкерлік нысандары 262 мың адамды жұмыспен қамтып, бюджет түсімін 8 айдың ішінде 131,4 миллиард теңгеге жеткізді.

Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету жыл өткен сайын қарқын алып келеді. Биыл облыс аумағында салынуы тиіс бір миллион шаршы метрден астам баспананың 663,5 мың шаршы метрі пайдалануға беріліп, көпшілік қоныстойын тойлап үлгерген. Баспанамен қамтудың барлық бағдарламасына сәйкес облыста 4030 отбасы баспаналы болады. Бүгінде өз үйіне кірген 1085 шаңырақтың 247-сі көпбалалы және аз қамтылған отбасы.

Мұның сыртында таза ауызсумен қамтамасыз ету, газдандыру секілді жұмыстар жедел жүргізілуде. Сапалы ауызсуды шалғайдағы ауылдарға жеткізуге қажетті қаражат жеткілікті. Мәселен, «Нұрлы жер» және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары аясында 42 жобаны іске асыруға 8,6 миллиард теңге қарастырылған. Ал, табиғи газбен қамтамасыз ету мөлшері биыл 61%-ға көтеріліп, 23 елді мекенге көгілдір отын жеткізіледі. Облыс орталығы Талдықорған қаласын газдандыру толығымен аяқталса, Балқаш, Қаратал, Көксу, Жамбыл, Ескелді аудандары мен Текелі қаласының елді мекендеріне табиғи газ жеткізілді. Алдағы жылдары шалғайдағы Райымбек, Кеген, Алакөл, Сарқан аудандарының тұрғындары көгілдір отынның пайдасын көреді.

Облыста жолдар жөнделіп, мектептер мен ауруханалар салынып жатыр. Мұғалімдер мен дәрігерлер баспанамен қамтамасыз етіліп, халықты жұқпалы дерттен сақтаудың жолы – вакциналау жұмысы тоқтаусыз жүріп келеді. Соның арқасында 1,1 миллион адам вакцина алып, коронавирустың таралуын тежеуге септігін тигізуде.

Мәдениет пен спорт салалары да нәтижесіз емес. Нарынқолда ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың ескерткіші мен аллеясы ашылса, Балқаш, Райымбек аудандарында екі дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Ақсу, Алакөл, Үйғыр аудандарында тағы төрт кешеннің құрылысы жүргізілуде. Биыл облыс орталығында Орта Азия бойынша ең ауқымды жүзу бассейні ашылғаны белгілі. Олимпиадалық стандарттарға сәйкес келетін заманауи бассейнде қазір 1126 бала жаттығу өткізуде.

Осындай жетістіктерді үстемелеу жолында аянбай еңбек ету керектігін алға тартқан облыс әкімінің есебін талқылау үшін жарыссөзге шыққан облыстық мәслихаттың депутаттары Гүлжан Ерубаева мен Сұлтан Нұрдәулетов өңір басшысының жұмысына «қанағаттанарлық» деген баға берді.

Одан соң сессияда қаралуы тиіс «Алматы облысының басқару схемасын бекіту», «Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 14 ақпандағы №27-171 «Алматы облыстық мәслихатының Регламентін бекіту туралы» шешімінің күші жойылды деп тану», «Облыстық мәслихаттың депутаты Д. Құрышбаеваның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату» сынды тақырыптарға депутаттар дауыс беріп, мәселелерге қолдау танытты.

COVID–19

ВИРУСТЫ ВАКЦИНА ЖЕҢЕДІ

Осы жылдың 1 қаңтарынан бері Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада коронавирус инфекциясына шалдыққан 3363 науқас емделіп шықты.

Гүлжан ТҰРСЫН



Қазіргі таңда Талдықорған ауруханасында 210 науқас тәжтажалға қарсы ем қабылдауда. Оның 20-дан астамы жансақтау бөлімінде жатыр. Бұл туралы брифингте облыстық аурухананың бас дәрігері Анарбек Монғолханұлы мәлім етті.

Бас дәрігердің сөзінше, үшінші толқында індетті жұқтырушылар саны саябырлады. Бұған басты себеп халық арасында вакциналаудың қарқынды түрде жүргізілуі. Келер аптадан бастап облыстық аурухана бұрынғы қалыпты режиміне ауыспақ.

«Коронавирустық инфекция және оның алдын алу» тақырыбын арқау еткен брифингте Анарбек Монғолханұлы коронавирус жұқтырып түскен науқас вакцина алған болса, оның ауруы анағұрлым жеңіл өтетіндігін айтты. «Екінші толқын басталғанда вакциналау әлі қарқын алмаған кезең болатын. Дәл сол шақта ауруханаға түскен науқастар саны толассыз еді. Дәрігерлерге де дертпен күресу оңай болмады. Ал, екпе қарқын алғаннан бері вируспен күресу медицина мамандарының жұмысын біраз жеңілдетті деуге болады. Үшінші толқында анық байқалғандай, вирус жұқтырғандардың 60-70 пайызы вакцина алмағандар болып отыр. Негізінде, вакцина алғандарға қарағанда екпе алмағандардың ауруды өте ауыр түрде өткізетінін баса айтқым келеді. Жалпы, вируспен ауырған адамдардың басым бөлігі емделіп шыққан соң есту қабілетінің нашарлағанын, көздің көруіне де кері әсерін беріп жатқанын айтып, дәрігердің алдына қайта барып жатқандар қатары көп. Сондықтан да, вирусты оңай жеңу үшін қосымша аурудың алдын алу жолында міндетті түрде вакцина алған жөн», – деді бас дәрігер.

Бас дәрігер үшінші толқын бәрімізге де үлкен сабақ болғанын, халықтың да індет жайлы таным-түсінігі тереңдей бастағанын жеткізді. «Өкініштісі, бұл дерттің шынымен де қатерлі екенін халыққа жеткізе алмай келеміз. Әрбір азамат тәжтажалдың қауіпті екенін сезіне алмай жатқанына іштей қынжылысың. Бұл дертті жеңудің жалғыз ғана жолы бар болса, ол – вакцина. Сол себепті, осы дертпен күресуші дәрігер ретінде халықты жаппай вакцина алуға, одан қорқып қашудың қажеті жоқ екенін құлағдар еткім келеді. Вакцина – бұл өзіңізді, балаларыңызды, отбасыңызды және қоғамды COVID–19-дан қорғаудың бірден бір жолы», – деді облыстық аурухана басшысы.

Бас дәрігердің сөзінен кейін брифингке жиналған журналистер қауымы қауіпті дертке қатысты көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды.

Дөңгеленген дүние



ЖЕЛІДЕГІ АҚАУ

Facebook басшысы Марк Цукерберг желі жұмысындағы ақауларға қатысты кешірім сұрады. Бұған желі қолданушыларының реакциясы әртүрлі болды.

«Facebook, Instagram, WhatsApp пен Messenger қазіргі кезде қайта іске қосылды. Бүгінгі жағдай бойынша кешірім сұраймын. Біздің серверлердің сіздер үшін қаншалықты маңызды екенін түсінеміз», – деді М.Цукерберг. Бұл техникалық ақау салдарынан Цукербергтің дәулеті 7 миллиард долларға кеміген. Компанияның хабарлауынша, ақау жаңарту салдарынан болған. Қателіктері бар жаңарту негізгі серверлерге жіберілген. Салдарынан электронды инженерлік құралдар мен ақпарат алмасатын сервистер зақымданып, тіпті, есіктердегі электронды құлыптар істен шыққан. Инженерлер серверлерді қолмен ретке келтіру үшін деректерді сақтау және өңдеу орталықтарына барған, алайда ішіне кіре алмаған. Мәселе компанияның инфрақұрылымымен жүргізген алты сағаттық арпалыстан кейін барып шешілді. Компанияның көптеген қызметкері әлі де үйден жұмыс істеп отыр. Сол себепті олардың орталықтарға жетуі біраз уақыт алған.



НОБЕЛЬ АЛҒАНДАР

Швецияның Корольдік ғылым академиясы жанындағы Нобель комитеті физика саласындағы үш ғалымға Нобель сыйлығын табыстады.

Олар күрделі физикалық жүйелерді түсінуге қосқан үлесі үшін марапатталды. Стокгольмдегі арнайы шарада физикадан Нобель сыйлығы американдық ғалым Сюкуро Манабе мен Клаус Хассельманге «жер климатын физикалық модельдеу, өзгергіштікті сандық бағалау және жаһандық жылынуды сенімді болжауға» қосқан үлесі үшін табыс етілді. Сондай-ақ, италиялық ғалым Джорджо Паризиге атомнан планетарлық масштабқа дейінгі физикалық жүйелердегі тәртіпсіздік пен ауытқулардың өзара әрекеттесуін ашқаны үшін берілді. Еске сала кетейік, 4 қазаннан бері 2021 жылғы Нобель сыйлығының лауреаттары жария етіле бастады. Биыл коронавирус пандемиясына байланысты сыйлық 10 желтоқсан күні 10 елде табысталады. Марапаттау рәсімі жылда Стокгольмде өтетін. Физикадан бөлек, медицина ғылымы бойынша да 2021 жылғы Нобель сыйлығының лауреаттары белгілі болды.



ҚЫТАЙДАҒЫ АТ БЕЙНЕСІ

Қытайлық археологтар Тибеттегі Намцо көлінің маңында ежелгі жартас суреттері мен тас құралдарын тапты.

Бұл туралы ақпаратты Қытайдың ресми ақпарат құралдары таратты. Мәліметтер бойынша, ғылыми экспедиция биыл тамыз айында басталған. Ғылыми экспедиция тобы Намцо көлі мен оның төңірегінде үңгірдегі жартас суреттеріне, сондай-ақ, Тибеттің солтүстігіндегі шөл далада жартасқа қашалған суреттерге кешенді және жүйелі зерттеу жүргізді. Қытайлық археологтар Тибеттің солтүстігінде тас құралдар, тас қабірлер мен құрбандық жәдігерлері сияқты көптеген көне мәдени фактілер мен тарихи орындарды тапты. Оның ішінде тек Намцо көлінің орталығындағы Заши аралында археологтар 53 жерден жартас суретін анықтаған. Археологтар Заши аралындағы үңгірлердің боялған жартас суреттері негізінен минералды пигменттерден жасалғанын айтады. Жартастағы суреттерде көбінде қызыл түс қолданылған. Аз мөлшерде қара түс те кездеседі. Ең қызығы, жартас беттерінде аттың бейнесі бар. Тарихтан белгілі, атты көбінде көшпенді халық ұстаған.



КОВИДКЕ ҚАРСЫ ДӘРІ

Шетелдік ғалымдар коронавирусты екі есе жеңіл өткеруге мүмкіндік беретін дәрі ойлап тапты.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен серіктес ЮНИТЭЙД агенттігі «Молнупиравир» препаратының коронавируспен жеңіл және орташа деңгейде ауырғандардың ауруханаға жату қаупін 50 пайызға төмендетуге көмектесетіндігін растады. «Молнупиравир» – вирустың ауыр асқынуын болдырмайтын тиімді және қолдануы оңай дәрі. Бұл бізге қауіпті дертке тосқауыл қою үшін қажет», – деді агенттіктің бас директоры Филипп Данетон. Оның айтуынша, препарат пандемиямен күрес стратегиясын түбегейлі өзгерте алады. Осы әдіспен емдеу аурудың ауыр жағдайларының санын едәуір азайтады және денсаулық сақтау жүйесіне жүктемені жеңілдетеді. «Халықтың табысы төмен және орташа елдерде дәрінің мүмкіндігінше көп адамға қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдауға дайынбыз», – деді Ф.Данетон.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Jetisý

№ 112
(18964)
Senbi,
9 qazan,
2021 jyl

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz
Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ӨНЕРІ ӨРІСТЕГЕН ӨЛКЕ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ауыр-лы-төкпелі уақытта өнер саласында ғана емес, жалпы мемлекетіміздің алға қадам басуында небір дағдарыстар кездескені бәрімізге белгілі.

«Өкімет өлтірмейді» деген кеңестік идеология келмеске кетіп, нарықтық қоғам басталғанда нені, неден, қалай бастауымыздың өзі санаға біраз салмақ салды. Әркім күнкөрістің қамын ойлап, күйбең тірліктің қамытын киген кез әлі есіміздe.

Ғасырлар керуенінде небір қиындықты бастан өткерген аталарымыз «Көш жүре түзеледі», «Ештен кеш жақсы» деп қандай сын сағат кездессе де байыппен барлап, сабырмен шешім шығаруды үйретіп кеткен. Қанда бар сол бір қасиет елдің көңіліне күдік пен үміт қатар ұялаған сәтте ертеңге деген сенімімізді оятты. Бұлт артынан шуағын шашып күн шығатынына сендірді. Міне, арада отыз жыл өте шықты. Арқа төсінен астанамыз бой көтерді. Алыс-жақын шетелдермен қарым-қатынасымыз көбейіп, еліміз таныла бастады. Облыс орталығы Талдықорғанға келіп, бір кездері қаңырап қалған қала бұл күнде көрген жанның көзі сүйсініп, көңілі толатын әсем қалаға айналды. Қаламыз жайлы ақындар өлең жазса, композиторларымыз оларды әнге айналдырып, шабытқа бөленуде. Ұзақ жылдардан бері еңбек етіп, қазір өзім тізгінін ұстап отырған облыстық Сүйінбай атындағы филармония ұжымының өзі біраз елге танылып үлгерді. Жеке дауыстағы әншілеріміз шегара асып, шетелге барып ұлттық өнерімізді паш етіп жүр. «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблі де талай додада топ жарып, ұлттық би өнеріміздің өрісін кеңейтті. Ұлт перзенті Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың қолдауымен өмірге келген «Адырна» мен «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдері Жетісу жұртына ғана емес, жалпы елімізге танылып үлгерген өнер ұжымдары. Мұқан Төлебаев атындағы ұлт-аспаптар оркестрі де тәуелсіздіктің құрдасына айналып, отыз жылдық мерейтойына орасан жетістікпен келді. Рас, Сүйінбай атындағы филармониядағы жоғарыда аталған ұжымдар кеңестік дәуірде құрылып, сол уақытта-ақ танымал болған еді. Ал облыс орталығы келген алғашқы жылдары «Құрмет» орденінің иегері марқұм Мұратбек Жүнісбеков ағамыз құрған «Қобыз сарыны» ұлт-аспаптар ансамблі көне ғасырдың үнін жеткізген жәдігеріміз десек те болады. Эстрада үрлемелі аспаптар оркестрінің де жетістігі мол. Соңғы жылдары құрылған күйші-композитор Секен Тұрысбековтің жетекшілігіндегі «Ақ жауын» камерлық оркестрі де ұжымға жаңаша леп әкелді.

Тәуелсіздік жылдарындағы нарықтық кезеңде қиындыққа тап болғанымен қазір бұл ұжымның шыққан биігі мен асқан асуы ауыз толтырып айтарлықтай. Біздің ұжымның әр жылдағы жеңісін тәуелсіздікке тартуымыз десек те болады.

Данияр ҚҰРАМЫСОВ,
Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармонияның директоры,
ҚР Мәдениет қайраткері

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ



Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Балқаш ауданындағы жұмыс сапарында «Агрофирма «Бірлік» ЖШС-нің күріш алқабын аралап, күріш өңдейтін зауыттың жай-күйімен танысты. Содан кейін Бақанас ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу салтанатына қатысып, аудандық орталық ауруханаға жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысын көрді. Аудан әкімі Ғалым ТОҚПЕЙІСОВТЕН өңірде атқарылып жатқан жетістіктер жайын біліп, аудан тұрғындарымен кездесіп, емен-жарқын әңгімелескен облыс басшысы аймақтың экономикалық-әлеуметтік тұрғыдағы даму қарқыны, алдағы міндеттер мен атқаратын жобалар туралы да айтып өтті.

БАЛҚАШТАҒЫ БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАР

Қажет АНДАС

Жетісу өлкесінде ақ күріш Балқаш пен Қаратал аудандарында өсіріледі. Дегенмен, басым бөлігі Бақанастың күріші, ол нарықта жоғары сұранысқа ие. Ерекше атап өтетін бір жайт, Балқаш өңірінде өсірілген күріш экологиялық жағынан тазалығымен ерекшеленеді. Оған бір жылдары шетелдіктердің өздері де көз жеткізген. Бірнеше рет арнайы келіп, топырақ пен судың, тіпті, ауаның да құрамын мұқият зерттеуден өткізген олар бұл өңірде өсірілген өнімнен балалар тағамын дайындауға болады деген тұжырымға тоқтапты. Мұның өзі өнімге берілген жоғары баға. Басқа басқа, шетелдіктердің балалар тағамының тазалығына ерекше мән беретіндіктері белгілі ғой. Осындай жоғары сапалы күріш өсіріп, оны өңдеп, нарыққа шығарып отырған өндірістің бірі Бірлік ауылындағы «Агрофирма «Бірлік» ЖШС.

Серіктестік директоры Алмас Қыстаубаевтың айтуынша, шаруашылық биыл 1114 гектарға күріш, 1589 гектарға бидай, 2744 гектарға көпжылдық шөп өсірген. Ұжымда 300-ге жуық адам еңбек етеді, ал маусымдық кезеңде жұмысшылар саны 500-ге жетеді. Мұнда 50-ге жуық ауылшаруашылығы техникасы бар. Соның төртеуі өткен жылы «Жетісу» ӘКК» АҚ арқылы лизингке алыныпты. Осылайша ауданда құрылған сервистік-дайындау орталығында аграрлық жұмыстарға қажетті барлық техника топтастырылған. Фирманың қарамағында 20 мың гектар жайылым жер бар. Онда мың бас жылқы, екі мың бастай ірі қара, бес мың бас ұсақ мал өсірілетінін айта кетсек артық болмас. Бүгінде шаруашылық бидайды қамбалап, мал азығын жинаттырып болып, енді күріш ору науқанына кірісіп кетіпті. Қазіргі таңда күріш алқабының 60 пайызы шабылып, қалғанын жуық арада жинап алмақшы.

Облыс басшысы серіктестікке тиесілі қырманда және зауытта да болып, олардағы жұмыс барысымен танысты. Зауыт сағатына 1 тонна таза өнім шығарады. «Бірліктің» күріші облыста ғана емес, Алматы қаласында, таяу шетелдерде сауда-ланады.

– Күріш дақылын өсірумен айналысатын шаруашылықтардың оны ақтауды да қолға алуы өмірдің өзінен туындап отырған қажеттілік. Бұрындары мұндай өндіріс орындары дайындалған күріштің бір бөлігін үлгергендерінше ақтап, қалған дән астық қабылдау кәсіпорындарына шала күйінде өткізілетін. Сол кезде, шыны керек, бастырылған астық толықтай өздерінде ақталып, сауда орындарына дайын өнім күйінде өткізілсе табыс та еселене түсер еді-ау деген ой көңілдің бір түкпірінде тұратын еді. Қазір сол мүмкіндікке қолымыз жетті. Қазір біздің өнімдер Қырғызстан, Тәжікстан республикалары мен Ресей федерациясына экспортталады. Сонымен қатар, еліміздің өзге облыстарының да базарын қамтамасыз етіп келеді. Алматы қаласы мен облысының тұрғындары да біздің өнімді тұтынады, – дейді «Агрофирма «Бірлік»» ЖШС директоры Алмас Қыстаубаев.

Облыс басшысымен кездесу барысында шаруашылық өкілдері негізгі мәселе ретінде суару жүйелерін жөндеу мен тазарту жұмыстарын жүргізу керектігіне тоқталды. Бұл ретте облыс әкімі аймақтағы ирригациялық жүйелерді қалпына келтіру жұмыстары жолға қойылғанын атап өтті.

– Иә, күріш суды көп қажет етеді. Оның алқабын азайтқанда жердің соры шығып, оған ештеңе өспей қалуы да мүмкін. Сондықтан бұл іске жүйелі жоспар жасап барып кірісу керек. Әзірге күріштің алқаптарын сақтап қаламыз. Ол үшін Балқаш ауданының суару жүйелерін жаңғыртуды жеке жоба ретінде қарастырамыз. Күріш алқаптарын суаратын каналдарды тазартуды қолға аламыз. Бұған дейін біз мелиоративтік бригада құрып, Қаратал өзенінің арнасын аршып, оның Балқашқа еркін құйылуына жағдай жасап, елеулі жұмыстар атқарғанбыз. Сондықтан бұл жағынан біздің тәжірибеміз бар деуге болады. Іле өзенінің суын тарататын бас каналды күрделі жөндеу мәселесі күн тәртібіне қойылады. Бұған дейін қажетті техникалар сатып әперіп, сервистік дайындау орталықтарын құрдық. Осындай қолдау шаралары шаруашылықтарға бұдан былай да көрсетілетін болады, – деді облыс басшысы.

(Соңы 2-бетте)

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

Аудандық Мәдениет үйінің алдында ауылшаруашылығы техникаларының және қосалқы жабдықтарының көрмесі өтті. Бір аптаға созылған көрме кезінде шаруа қожалықтары өнімділігі жоғары заманауи техникалармен танысып, оны алудың жай-жапсарына қанықты.



ЗАМАНАУИ ТЕХНИКА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Ауылшаруашылығы техникалары мен агрегаттарын сататын ұйымдар өкілдері аудан шаруаларын өз тауарларының артықшылықтарымен таныстырды. Аудандағы ірі шаруа қожалықтарының назарына әйгілі «Беларус» тракторының бірнеше түрі және көптеген тіркемелер ұсынылды. Сондай-ақ, «Агроинженерия» ғылыми-өндірістік орталығының топырақты өңдеуге және жерасты сұйық тыңайтқыштарын қолдануға арналған агрегаттары таныстырылды. Сонымен қатар Қазақстанның «Халық-Лизинг», «ҚазАгроҚаржы» лизингтік компаниялары осы техникаларды сатып алудың ыңғайлы және тиімді тәсілін түсіндірді.

Көрменің алғашқы күні аудандық Мәдениет үйінде техниканы жеткізуші, несиелеуші және алушылардың басын қосқан конференция болды. Жиында аудан әкімі Нұрлан Ертас өңірдегі ауылшаруашылығы саласының дамуымен таныстырып, көрме-жәрмеңкенің маңыздылығына тоқталды. Конференцияда еңбек өнімділігін арттыру үшін жаңа техника мен технологияны қолдану төңірегінде екі жаққа да тиімді әңгіме өрбіді. Мамандар ауылшаруашылығы саласына инновация енгізу, жаңа технологиялар алудың несиелік жүйесі, субсидия мәселелері бойынша баяндап, шаруа қожалығы иелерімен ой бөлісті, түйткілді мәселелерге жауап берді. Бұл мәселелер жайында қазақ Ұлттық аграрлық университетінің IT технологиялар, автоматтандыру және агроөнеркәсіптік кешенін модернизациялау факультетінің деканы, профессор Нұрлан Абдильдин, аталған университеттің аграрлық техника және технология кафедрасының меңгерушісі Серік Бекбосынов, «Беларус трактор сауда үйі» ЖШС директоры Андрей Гудко, қазақ Ұлттық аграрлық университетінің «агроинженерия» ғылыми-өндірістік орталығы басқарма төрағасының инновациялық қызмет жөніндегі менеджері Мұратбек Ешмұханов, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Олжас Нышанбаев, «Халық-Лизинг»« АҚ-ның сату менеджері Абулқайыр Бердісүгіров, СемАз» ЖШС менеджері Данияр Жұмабеков көпшілік алдында әңгімеледі.

Шара барысында аудандағы Жамбыл атындағы кәсіптік-техникалық колледжінің директоры Болат Алтаев ауылшаруашылығы мамандарын дайындайтын оқу орнының жұмысынан хабардар етсе, «Светлана» ШҚ төрағасы, ауыл шаруашылығы техникаларының білгірі Александр Назаренко өз тәжірибесімен бөлісті. Ал «Амангелді» ШҚ басшысы Сатыбалды Нұрманов пен «Ынтымақ» шаруашылығының төрағасы Нұрлан Ахметжанов субсидия, лизинг рәсімдеу кезінде кездесетін мәселелерді ортаға салып, өз ұсыныстарын жеткізді. Көрме-жәрмеңкеде шаруа қожалықтарының иелері көкейде жүрген сұрақтарына жауап алып, қаржы институттары арқылы жеңілдікпен жаңа техника алудың мүмкіндіктерін білді. Олар сатушы мен алушының және қаржылық қолдаушының басын қосқан шараға ризашылық танытты. Себебі, ғылым мен техника табысты еселеудің бірден-бір жолы екенін олар жақсы түсінеді. Әсіресе Қостанайда құрастырылған «Беларус» тракторына шаруалардың қызығушылығы жоғары болды. Мамандар оның сапасының Белоруссияда шығарылатын түпнұсқасынан бір де кем емес екенін айтады. Бағасы да сол елден алдыруға қарағанда бір жарым миллион теңгеге арзанға түседі.

Жалпы лизингке техника алу үрдісі аграрлы аймақта біраз жылдан бері қалыптасқан. Мәселен жыл басынан бері аудан шаруалары «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы 146 миллион теңгеге 20 дана техниканы лизингке сатып алды. Оның белгілі бір пайызы мемлекет тарапынан субсидияланады.


Жамбыл ауданы

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ — 2-бет
ДАРА ТАЛАНТ, СЫРШЫЛ СУРЕТКЕР — 3-бет
ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНҒАН ЖАН ЕДІ — 6-бет

Әр мақаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы — өзіміздің «Jetisýға» жазылайық!

БАСПАСӨЗ – 2022



«Jetisý-дың» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Бірінші жартыжылдыққа жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40



Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

Редакцияға келіп балама жазылу:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	4400	8800
Зейнеткерлер үшін	2450	4900
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2550	5100
Жалпы жеке жазылу	3000	6000

Электронды форматтағы жазылу:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	4000	8000
Зейнеткерлер үшін	2050	4100
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2250	4500
Жалпы жеке жазылу	2500	5000

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№114 (18966)

Beısenbi, 14 qazan, 2021 jyl

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ



ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС ӨРКЕНДЕУДЕ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ аймағымыздың экономикалық әлеуетін көтеріп отырған, тағы да тың жобаларымен облыстың өркенін өсіруге құлшынып келген бірқатар шетелдік және Отандық компания өкілдері мен кәсіпкерлерді қабылдап, олардың алдағы жұмыс бағытын тыңдап, айтқан ұсыныстарының оң шешімін табуына бағыт-бағдар көрсетті. Кездесуде ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі Гүлбану ПАЗЫЛХАЙЫРОВА да болды.

Қажет АНДАС

Аймақ басшысы ең алдымен американдық «Valmont Industries» компаниясының Орталық Азиядағы өкілдігінің бас директоры Кевин Миш (Kevin Meusch) және аталған компанияның Қазақстандағы жетекшісі Ричард Спунермен (Richard Spooner) кездесіп, тараптар тамшылатып және жаңбырлатып суару, аграрлық ғылым және білім салаларындағы ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу жайын талқылады. Аталған шетелдік компания өкілдерінің айтуынша, олар облыстан заманауи суару жүйелерін өндіретін және ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін басқаратын зауыт салуды көздейді.

Кевин Мичтің айтуынша, американдық ирригация технологиялары өсімдік шаруашылығының өнімділігін арттыруға және ауылшаруашылығындағы су шығынын 50-70% пайызға азайтуға мүмкіндік береді. Демонстрациялық фермалар желісін қалыптастыру, суару, су ресурстарын ұтымды пайдалану, жемшөп өндіру, фермерлерді оқыту мен тренинг өткізу және білікті кадрлар даярлау саласындағы озық технологиялар трансферін қамтамасыз етеді.

Кездесу барысында облыс әкімі аймақтың аграрлық саладағы жетістіктерін сөз етті. Жалпы, бүгінде облыста 2 миллионнан астам тұрғын тұрады. Жер көлемі жағынан еліміздің 8 пайыздан астам жері облыс еншісінде. Ал жыл сайын өндірілген ауыл, мал шаруашылығы өнімі еліміздің осы саладағы табысының 20 пайызын құрайды. Сондай-ақ, суармалы егіс жағынан Жетісу жерінің үлесі басым. Өндірілген азық-түлік тауарлары Қорғас кедені арқылы Қытайға, көрші Қырғызстан, Өзбекстан елдеріне экспорттауға өте ыңғайлы. Сондықтан американдық технологиямен өндірілетін суландыру жабдықтарына сұраныс аз болмайды. Сондай-ақ, кейінгі жылдары облыстағы ирригациялық жүйелерді жаңғырту бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар аталған компанияның ойлаған жоспарын жүзеге асыруға зор мүмкіндік береді.

Тағы бір жағынан, кейінгі жылдары аймағымызда құрылған 6 индустриалды аймаққа бүгінде зауыт құрып, кәсіпорын ашуға ниеттенген шетелдік инвесторлардың қатары көбейіп келеді. Өйткені осы индустриялық аймақтардағы су, жарық желілері мен авто және темір жолдарды облыс әкімдігі өз мойнына алған. Қандай да бір инвестор зауыт ашып, кәсіпорын құрса инфрақұрылымнан тапшылық көрмейді. Осындай мүмкіндіктер болғандықтан индустриялық аймақтарға қызығатындар арта түсті. Облыс әкімі бұл келісім «Valmont Industries» компаниясының да ойлаған істерін ілгерілетуге зор демеу болатынын американдық компанияға 198 гектар аумақты құрайтын «Қайрат» индустриалды аймағының қолайлы екендігін ұсынды. Өйткені онда су, газ, сыртқы дренажды жолдар, электр және теміржол нысандары кәсіпорынның жұмысын ілгерілетуге көп жеңілдік тудырады.

Бір кездері жеке адамдардың меншігіне өтіп кетіп, Амандық Ғаббасұлы облыс әкімі болғаннан кейін оны мемлекет меншігіне қайтарып, «Қайрат» индустриялық аймағын құрған еді. Міне, қазір сол өңір шетел-

(Соңы 2-бетте)

БРИФИНГ

Талдықорғанға арнайы іссапармен республикалық «Елім үшін егілемін» коронавирустық пандемиямен күрес жөніндегі азаматтық штаб өкілдері келіп, бірқатар мекемелерді аралап, COVID-19 жағдайы және вакциналау мәселесі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

ЕКПЕ САЛУ – қауіптің алдын алу



Айдар ҚАЛИЕВ

Індеттің алдын алу жұмыстары бойынша ой бөліскен штаб мүшелері әуелі Журналистер үйінде брифинг өткізді. Шара барысында «Ел үшін егілемін» коронавирустық пандемиямен күрес жөніндегі азаматтық штабының мүшесі Серік Беркамалов:

– Тамыз айында Қазақстанда коронавирус пандемиясымен күрес жөніндегі «Ел үшін егілемін» тәуелсіз белсенділер бірлестігі Азаматтық штабы құрылды. Міндеті – халыққа кеселдің алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, жұртшылықты екпе алуға шақыру. Ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін халықтың 70-80 пайызы вакциналану керек. Біз COVID-19-дан ауру мен өлім-жітімді азайту үшін барымызды салып жұмыс істеп жатырмыз. Халыққа вакциналау қажеттілігі туралы қолжетімді ақпарат алуға көмектесуге дайын белсенділер арасында танымал медицина мамандары, кәсіпкерлер, азаматтық белсенділер, қоғам қайраткерлері мен сарапшылар бар, – дей келе осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстарын баяндап, мониторингтік топтардың өткізген іс-шаралары жайлы толық мәлімет берді.

Сонымен қатар спикер бүгінде 7 млн. астам адам екпе алғанын, ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін кемінде 10 млн. тұрғын екпе алу керектігін жеткізді.

Баспасөз мәслихатында Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілі Ержан Байтанаев, «Қоғамдық бақылау және мониторинг» республикалық қоғамдық бірлестігінің басшысы Саида Таукелева еліміздегі және облысымыздағы соңғы мәліметтерді келтіре отырып, екпе алудың маңыздылығына тоқталды.

Естеріңізге сала кетейік, пандемия басталғаннан бері облысымызда 52998 зертханалық расталған КВИ жағдайлары тіркелген. Оның ішінде 39034 жағдай симптом белгілерімен. Соңғы тәулікте індет жұқтырғандардың саны 112-ге жетсе, оның ішінде 98-і симптомдық және 14-і симптомсыз. Облыс бойынша коронавирустық инфекцияның өсу қарқыны соңғы аптада 0,3 пайыздан 0,2 пайызға төмендепті. Десе де штаб белсенділері елімізде вакциналау қарқыны төмен дейді. Мәселен, шілде айының ортасында тәулігіне 130 мыңға дейін адам екпе алса, қазір небәрі 30 мың қазақстандық иммундалуда. Ал республика бойынша облысымыз екпе алудан біршама қалып қойыпты. Соңғы айда облыста бірінші компонентпен вакциналау 64 пайыздан 70 пайызға ғана өскен. Ал жалпы республикалық көрсеткіш 8,5 пайызға артты.

Соңында жиынға келген жұртшылық штаб мүшелеріне «Балаларға вакцина салына ма?», «Екпе алғаннан кейін жағымсыздық туындаса не істейміз?», «Адамдарға плацебо қояды ма?» деген сияқты көкейде жүрген сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды. Сөз арасында балаларға екпе тек ата-анасының рұқсатымен ғана салынатынын айтты.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҰЛТТЫҚ ДАМУ ЖОБАЛАРЫ БЕКІТІЛДІ

Биылғы тоғыз айдың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен республикалық бюджеттің орындалуы және ұлттық жобалар жайы кезекті Үкімет отырысында қаралды. Жиынға ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИН төрағалық етті.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Селекторлық кеңесте ҚР Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев, ҚР Ұлттық Банк төрағасы Ерболат Досаев, ҚР Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев экономиканың дамуы, ақша-несие саясаты, республикалық бюджеттің атқарылуы, мемлекеттік сатып алулардағы жергілікті қамту туралы баяндады. Үкімет басшысы ұлттық экономиканың сенімді түрде қалыпты даму қарқынын көрсетіп отырғанын атап өтті.

Тоғыз айдың қорытындысына сәйкес жалпы ішкі өнімнің өсімі 3,4 пайызды құрады. Экономиканың қалпына келуіне дағдарысқа қарсы уақытылы қабылданған іс-шаралар оң әсер еткен. Осылайша, өңдеу өнеркәсібі өндірісінің көлемі 5,7 пайызға өскен. Мәселен, машина жасау 22,8 пайызға, оның ішінде автомобиль жасау 31,6 пайызға, локомотивтер мен вагондар жасау 50,5 пайызға, құрылыс материалдарын өндіру 10,1 пайызға, фармацевтика 38,1 пайызға, пластмасса бұйымдары 31,4 пайызға, киім тігу 14 пайызға, жиһаз өндірісі 14,9 пайызға, дайын металл бұйымдарының өндірістері 17,2 пайызға жоғары.

Карантин жеңілдіктері аясында қызмет көрсету секторы да қалпына келуде. Құрылыс 9,7 пайызға өскен. Тоғыз айда елде 10,4 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8 пайызға артық. Инвестициялардың өсуін белсенді қалпына келтіру жалғасып, тау-кен өндірісін есепке алмағанда 2 пайызды құрады, өсім 15,1 пайыз деңгейінде. Құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, сауда, ауылшаруашылығы, жылжымайтын мүлікпен операциялар, қаржы қызметі, ақпарат пен байланыста негізгі капиталға салынған инвестициялардың жоғары көрсеткіштері байқалған.

Үкімет басшысы экономиканың өсу қарқынын арттыру және әртараптандыру, инвестициялар тарту және жұмыс орындарын құру, азық-түлік тауарлары бағасының өсуін тежеу жөніндегі жұмысты күшейтуді, сондай-ақ инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенінің сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Келесі кезекте ҚР Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев, ҚР Ауылшаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Қайрат Келімбетовтің ұлттық жобалар жайындағы баяндамалары тыңдалды.

Асқар Ұзақбайұлы: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобаларға көшуді қамтамасыз етуді тапсырды. Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін іске асыру аясында үлкен жұмыс атқарылды», – деп атап өтті. «Тұрақты экономикалық өсу», «Кәсіпкерлікті дамыту», «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйверлері», 2021-2025 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту», «Жасыл Қазақстан», «Цифрландыру, инновациялар және ғылым есебінен технологиялық серпіліс», «Білімді ұлт» сапалы білім беру», «Саламатты ұлт» әр азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау», «Ұлттық Рухани Жаңғыру» ұлттық жобалары биыл қабылданған Жалпыұлттық басымдықтарды, Ұлттық даму жоспары мен Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру үшін әзірленген.

ҚР Премьер-Министрі ұлттық жобаларда көзделген іс-шаралардың Мемлекет басшысының тапсырмаларына және «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында қойылған міндеттерге толық сәйкес келетініне назар аударды. Ұлттық жобаларды іске асыру экономиканың орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттырудың, қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартудың факторына айналмақ. Қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында ұлттық жобаларды бюджет қаражаты және жеке инвестициялар есебінен басым қаржыландыру көзделген. Үкімет басшысы жобалық тәсілдерді қолдана отырып, ұлттық жобаларды сапалы іске асыруды қамтамасыз етуді міндеттеді.

● *Біртүйер*

Ұлт болудың бір емес,
бірнеше шарты бар.
Соның ең басты және
ең негізгі шарты –
ұлттық тіл.

Қадыр МЫРЗА ӘЛІ



Тарих болып сұрқай кезең, жыл өктем,
Ғасыр бойы ұлттың рухын жыр еткен.
Талай тұлға ұшып шыққан, тұлеткен,
«Жетісуға» жазыл, сырлас, жүрекпен!

Әр мақаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы — өзіміздің «Jetisýға» жазылайық!




БАСПАСӨЗ – 2022

«Jetisý-дың» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Бірінші жартыжылдыққа жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40



Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

Редакцияға келіп балама жазылу:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	4400	8800
Зейнеткерлер үшін	2450	4900
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2550	5100
Жалпы жеке жазылу	3000	6000

Электронды форматтағы жазылу:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Заңды тұлғалар үшін	4000	8000
Зейнеткерлер үшін	2050	4100
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2250	4500
Жалпы жеке жазылу	2500	5000

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№115
(18967)
Senbi,
16 qazan,
2021 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz
Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ДАМИДЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИН Шығыс Қазақстан, Алматы және Қарағанды облыстарына жұмыс сапары аясында «Өскемен – Талдықорған», «Қалбатау – Майқапшағай», «Үшарал –Достық», «Қарағанды – Балқаш – Қапшағай», «Меркі –Бурылбайтал» автожолдары жобаларының іске асырылу барысын тексерді.



Ұзындығы 768 шақырым болатын (Шығыс Қазақстан облысының аумағы бойынша – 454 км, Алматы облысының аумағы бойынша – 314 км) «Өскемен – Талдықорған» автожолын салу жобасы бойынша Үкімет басшысына негізгі жұмыстардың аяқталғаны және жыл соңына дейін автомобиль қозғалысының ашылатыны туралы баяндалды.

Ұзындығы 415 шақырымға созылатын «Қалбатау –Майқапшағай» тас жолын реконструкциялау жобасы бойынша 127 шақырым жолда қозғалыс ашылды, жұмысты 2022 жылы толық аяқтау жоспарланған.

«Үшарал – Достық» автожолы бойынша 180 шақырымнан 145 шақырым жол пайдалануға берілді, қалған жұмыстар 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында толық аяқталады.

Қарағанды облысында Премьер-Министр жалпы ұзындығы 946 шақырым болатын «Қарағанды – Балқаш – Бурылбайтал – Күрті – Қапшағай» автомобиль жолын реконструкциялау барысын тексерді. Биыл төрт жолақты 765 шақырым жолда қозғалыс қамтамасыз етіледі. «Меркі – Бурылбайтал» (262 км) автожолы бойынша қозғалыс толық ашылады.

Өскемен қаласында Үкімет басшысына халықаралық әуежайдың ұшу-қону жолағын реконструкциялаудың аяқталғаны туралы баяндалды. Әуежайдың ұшу-қону жолағының ұзындығы 2800 м. дейін, ені 60 м. дейін ұлғайтылды. Асфальтбетон жабыны толық ауыстырылды, жарық-сигналдық жабдықтың жаңа жүйесі орнатылды. Сондай-ақ, 30 тонналық жүк терминалының және 100 тонналық уақытша жүк сақтау қоймасының құрылысын аяқтау көзделген.

Премьер-Министрге Үшарал қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағын реконструкциялау барысы туралы есеп берілді. Жауапты мекеме өкілдері бұл жоба 2022 жылғы 1 мамырда аяқталады деп отыр.

2021 жылы Қазақстанда 8,4 мың шақырым автожолда құрылыс жұмысы жүргізілуде. Оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар 5 мың шақырым, жергілікті желі 3,4 мың шақырым. Жол-құрылыс жұмыстарына 200 мыңға жуық адам тартылған. Биыл еліміздегі 5,1 мың шақырым жолда жұмыс аяқталады. Қалған құрылыс жұмысы 2022 жылы жүзеге асатын болады.

Жұмыс сапарына Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов, Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік Қамалиев, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Асқар Мұратұлы және басқа да жауапты тұлғалар қатысты.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ҚҰРЫЛЫС ӨРІСТЕП, АЙМАҒЫМЫЗ АЖАРЛАНДЫ

Құрылыс саласы елдің әлеуметтік, экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары құрылыста тоқырау болғаны рас. Десе де уақыт өте келе аталған саланың тамырына қайта қан жүгіріп,кең қанат жая бастады. Қазір елдің қай түкпіріне барсаңыз да өлкенің айбынын арттырып, сымбатына сән қосқан ғимараттар көз сүйсіндіреді. Алыстан менмұндалайтын биік нысандардың қатары жыл озған сайын көбейіпкеледі. Заман талабына сай салынған көпқабатты тұрғын үйлер де ауыл мен қаланың ажарын айшықтап,талай адамның қуанышын еселей түсуде. Жаңа құрылыс бой көтерген сайын оның қасбетінің әрленуіне де ерекше көңіл бөлінеді. Түрлі архитектуралық пішіндер мен безендірулер де сонадайдан көз тартады.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Соңғы жылдары құрылысқа қажет бұйымдар да өз елімізде шығарыла бастады. Өзімізден шыққан құрылыс материалдары қазір тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар және экономикалық ғимараттар салуға барынша қолданылып жатыр. Мамандардың пікірінше, бәсекеге қабілетті отандық өнімдердің сапасы шетелдікінен еш кем емес. Осының бәрі Тәуелсіздіктің, отыз жыл ішінде жүзеге асырылған тындырымды тірліктердің жемісі деуге негіз бар.

Еліміздің гүлденіп, өркендеуі, әрине, мұнымен шектеліп қалмайды. Өйткені, алда әлі талай асу, бағындырар биік көп.

Мемлекеттік бағдарламаларды сәтті жүзеге асырудың арқасында елде экономика нығайып, инфрақұрылым жақсарды. Қалалар мен ауылдардың келбетін жақсартатын жаңа әлеуметтік нысандар мен мәдени-спорттық кешендер пайда болды. Айта кетейік, құрылыс саласы бойынша елде биылғы тоғыз айдың қорытындысына сәйкес барлығы 10,4 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8 пайызға жоғары. Осыдан-ақ, аталған сала қарқынының қай деңгейде екені байқалады.

(Соңы 2-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2022

«Jetisý-дың» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Бірінші жартыжылдыққа жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	35469	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	65469	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІК

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС НЫҒАЙДЫ

Облыстық әкімдікте «Жетісу» ӘКК Өңірлік даму институты "GATE CITY" серіктес қаласын дамыту жөніндегі жобаны іске асыру мақсатында облыс басшылары мен "BI GROUP" холдингі өкілдерінің кездесуін ұйымдастырды. Кездесу облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ, BI Development Almaty компаниясының бас директоры Айдос МҰҚАТАЕВ пен бизнесті дамыту жөніндегі директоры Жалғас ЖАҚЫПОВ, BI construction Engineering компаниясы оңтүстік Алматы дивизионының директоры Данияр ОСПАНОВ және ModeX дамыту жөніндегі директоры Адат ӘДІЛХАН, сондай-ақ, «Алатау» АҚ өкілдері мен облыстық басқарма басшыларының қатысуымен өтті.

Кездесу барысында "BI GROUP" холдингінің өкілдері «Gate City» серіктес қала аумағындағы көпқабатты тұрғын үй кешенінің тұжырымдамасын талқылауды ұсынды. "Қайрат" индустриялық аймағының аумағында "Modex" модульдік блоктарын өндіру зауытын салу жоспарын да таныстырды. Сондай-ақ, тараптар газ, су сияқты магистральдық желілердің ағымдағы жағдайы және оны "Алатау" АҚ балансынан Іле ауданының коммуналдық меншігіне, «Gate City» серіктес қаласының инфрақұрылым объектілерін беру жоспарын ақылдасты. «Қазақстан – Қытай» және «Алматы –Байсерке – Талғар» магистральдық газ құбырлары арасындағы бірінші құбырды газбен қамтамасыз ету үшін «TIP-04» бөгетін салу жайын кеңесті. «Gate City» серіктес қала аумағынан электр беру желісінің тірегін көшіру, «Gate City» спутник қаласының инфрақұрылымды жүргізу бас жоспарын және жоспарлау жобасын бекіту және келісу мәселесін қарады.

– 8990 гектар аумаққа жоспарланған халық саны 220 мың адамнан асатын G4 серіктес-қаласын дамытудың бас жоспарына сәйкес қазіргі уақытта 2370 гектар алаңда «Gate City» бірінші серіктес қаласын іске асыру жобасы жүріп жатыр. Бүгінде магистральдық кабельдік желілер, су жылыту қазандығына дейінгі газ құбыры, жылу желілері, су құбыры, кәріздік желілер, квартәлішілік инженерлік желілер мемлекеттік сараптаманың қорытындысымен әзірленген жобалау-сметалық құжаттамасы дайын. Аталған мақсатқа республикалық және жергілікті бюджеттен 36 млрд. теңгеден астам қаражат бағытталып, игерілуде.

Ағымдағы жылдың мамыр айында G4 жобасының бастамашысы «Caspian Group» АҚ «NestStroy» неміс әріптесімен бірлесіп, G4 City жобасы шеңберінде 44 мың м2 (573 пәтер) көлемінде бірінші кезектегі 10 тұрғын үйдің құрылысына кірісті. Биыл тамыз айында "BI Group" құрылыс холдингімен «Gate City» серіктес қаласында тұрғын үй кешенін салуға ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Олар облыс әкімдігі бөлген 60 гектардан астам жер телімінде құрылыс салуды жоспарлауда. Сонымен қатар, аумағы 27 гектар жер теліміне «Fruit Art» ЖШС экспорттық жеміс-жидек комбинатының құрылыс жұмысы басталды, – деді Лаззат Махатұлы.

Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылдың тамыз айында облыс әкімдігі мен «BI Group» холдингі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. Осы арқылы «GATE CITY» серіктес қала аумағында тұрғын үй кешендерін салу жобасы іске қосылды. Сол отырыста «Жетісу» ӘКК ӨДИ» АҚ-на аталған жобаны сүйемелдеу тапсырылған еді. Осыған дейін олар бірқатар кездесу өткізіп, жер телімін беру мәселесі мен жобаның экономикалық және техникалық аспектілері қаралып, талқыланған.

«GATE CITY» аумағында тұрғын үй кешендерін салу жобасы мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде іске асырылады. Онда тұрғын үйлермен қатар әлеуметтік нысандар да салынады. Қазіргі уақытта эскиздерді жобалау, дайындау жұмысы басталыпты. 60 гектардан астам жер теліміне тұрғын үй кешені, үш мектеп, бірнеше балабақша мен дәрігерлік амбулатория және басқа да объектілер бой көтереді. Су қорғау белдеуінің аумағында саябақтар, скверлер де болады.

Іле ауданы аумағына орналасқан «GATE CITY» серіктес қаласы толық жүзеге асқанда инфрақұрылымы дамыған ақылды қала қаржы-іскерлік, білім беру және ғылыми медициналық орталықты, өнеркәсіптік, сауда-логистикалық хабты біріктіретін үлкен кешенге айналмақ.

Омар АҚЫН

КЕҢЕС

ЭКСПОРТ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Облыста жартылай фабрикаттар, нан өнімдері мен балалар тағамы өндірісінің экспорттық әлеуеті жоғары. Бұл туралы USAID сарапшысы Сәуле АХМЕТОВАоблыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы ұйымдастырған өңірлік экспорттық кеңестің отырысында мәлімдеді.

Қажет АНДАС

"QazTrade" АҚ бас директорының орынбасары Нұрлан Құлбатыровтың айтуынша, 2021 жылы экспортты ілгерілету жөніндегі даму институты "QazTrade" АҚ және USAID облыстың өңірлік экспорттық стратегиясын әзірлеу бойынша пилоттық жобаны іске асырды. Құжатқа саланы дамыту бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар енгізілген. Ұлттық компанияның өңірлік шолуына сәйкес өткен жылы облыс экспорты 446,1 млн. АҚШ долларын немесе өңірдің жалпы өнімінің 5,3 пайызын құрады. 80 пайыздан астамы өңдеу секторының өнімдеріне тиесілі. Елдің шикізаттық емес экспортының жалпы төмендеуіне қарамастан өңірде экспорт көлемі өсуде.

Кездесуде USAID жобасының сарапшысы Сәуле Ахметова даму стратегиясымен және ұсынымдарымен толығырақ таныстырды. Экспортты одан әрі ілгерілету бойынша ұсынымдар әзірлеу кезінде аймақтың экспорттық әлеуетіне егжей-тегжейлі талдау жасалды, орын алған мәселелерді анықтау және жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар жасау үшін кәсіпорындармен кездесулер өткізілді. Оның айтуынша, экспортты дамытуды өңірлік институттар мен мамандардың құзыретін арттырудан бастау керек. Сарапшы әкімдік жанынан экспорт жөніндегі арнайы бөлімше құруды, сондай-ақ, экспорт жөніндегі өңірлік кеңестің рөлін күшейтуді, қызмет провайдерлерімен өзара іс-қимылды жолға қоюды қажет деп санайды. Сонымен қатар, USAID өкілі қолданыстағы экспорт бойынша жағдайды талдап, жоғары экспорттық әлеуеті бар жаңа салаларды атады.

– Тамақ дайындауға арналған өнімдер, оның ішінде нан өнімдері, сондай-ақ, балалар тағамы үлкен әлеуетке ие, бұл жақсы экспортталатын өнімді әртараптандыру мүмкіндігін білдіреді. Азық-түлік тауарларын экспорттаудың ең үлкен әлеуеті бар нарықтарға Ресей, Қытай және Қырғызстан кіреді. Қытай 16 млн. АҚШ доллары көлемінде әлеуетті ұсына отырып, нақты және әлеуетті экспорт арасындағы ең үлкен айырмашылықты көрсетіп отыр, – деді ол.

Талдауда макарон, бисквит, балық өнімдері, сусындар, уыт, сүт өнімдері, құс еті, жұмыртқа, бал және басқа да жануарлардан алынатын өнімдер, аккумуляторлар, фармацевтикалық өнімдер экспорты бойынша ұсыныс берілді.

Кездесу модераторы облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Лаззат Шыңғысбаева аймақтың маңызды экспорттық әлеуеті бар екенін және жергілікті атқарушы органдар мен даму институттары экспорттаушылармен жүйелі қолдау мен белсенді өзара іс-қимыл жүргізуі қажеттігін айтты.

– Отандық кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін іске асыру – өңірдің индустриялық-инновациялық дамуының басым бағыттарының бірі. Өңірлік экспорттық кеңестің алаңында айтылған мәселелер, ұсыныстар мен ұсынымдар назарға алынып, жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпкерлік қоғамдастық арасында түсіндірілуі тиіс, – деп мәлімдеді Лаззат Шыңғысбаева.

Отырыс барысында QazTrade Academy білім беру жобасы таныстырылды. Ол өнім өндірушілердің құзыреттілігін арттырып, экспорт саласындағы өзекті тақырыптар бойынша оқыту мен курстар ұсынады. Алғашқы "Ақылды экспорт" бизнес-практикумы биыл 18-27 қазан күндеріне жоспарланған. Қарқынды практикалық семинарлардың 8 күнін жетекші халықаралық және жергілікті сарапшылар өткізеді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

КІРІС КӨБЕЙДІ

Облыстық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы «Zoom» бағдарламасы арқылы онлайн форматта өтіп, онда облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 15 желтоқсандағы«Алматы облысының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» №64-339 шешіміне өзгерістер енгізу туралы жобасы талқыланды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Жиынды ашып, жүргізіп отырған Қоғамдық кеңес төрағасы Әлихан Тойбаев облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Рауан Дәуталиновке сөз берді. Баяндамашының айтуынша «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға 2,3 млрд. теңге, сондай-ақ, атаулы әлеуметтік көмек алушылар санының азаюына байланысты 7,3 млрд. теңге республикалық бюджетке қайтарылды. Ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша түскен кірістер көлемі 106,3 пайызға өскен.

– Бюджеттің орындалу көрсеткішінің көбеюіне байланысты өзекті мәселелерді қараудамыз. Ол үшін 5,2 млрд. теңге қосымша қарастырып отырмыз. 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге байланысты 1,7 млрд. теңге жоспарланды. Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік бойынша 5,2 млрд. теңге республикалық бюджеттен бөлінуде. Жергілікті бюджеттен қосымша 133 млн. теңге бөлу жоспарлануда. Райымбек ауданының Нарынқол ауылында 2 автомобильге арналған өрт сөндіру депосының құрылысына 101 млн. теңге қарастырылған, – деген Рауан Аманұлы білім саласына 14 млрд. теңге бөлу көзделгенін айтты. Бұл «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі жол картасын іске асыру мақсатында мектептердің күрделі жөндеуіне, тарификация қорытындысы бойынша білім беру мекемелеріндегі қызметкерлердің жалақысын төлеуге арналған.

2020-2021 жылдың оқу жылында оқушылар саны 17,4 мың балаға өсіп отыр. Пандемияға байланысты кезекші сыныптар ашуға 3,9 млрд. теңге, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру тапсырысын орналастыруға 2,5 млрд. теңге қарастырылған. Айталық, Іле, Қарасай, Еңбекшіқазақ аудандарында оқушылар санының өсуіне байланысты ыстық тамақ ұйымдастыру үшін 250 млн. теңге, Еңбекшіқазақ, Іле, Қарасай және Жамбыл аудандарында оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын сатып алуға 200 млн. теңге, Іле, Қарасай аудандарында балаларды тасымалдау үшін 105,2 млн. теңге бөлінген. Тек қана Қарасай ауданында оқушылардың 5,9 мың балаға өсуіне байланысты қосымша парталар сатып алу үшін 77,2 млн. теңге қарастырылған. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласына 1,1 млрд. теңге, ауылшаруашылығы саласы бойынша 1,8 млрд. теңге бөлу жоспарлануда. Ал спорт саласы бойынша 932,6 млн. теңге қосымша қарастырылған.

Жиын соңында Қоғамдық кеңес мүшелері сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізді.

ТУҒАН ЖЕР – ТҰҒЫРЫҢ

Беріктас ауылында «Бақытты болашақ» атты саябақ ашылды. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай қолданысқа берілген нысанды ауыл азаматтары өз қаражатына салды.

САЯБАҚ АШЫЛДЫ

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Балаларға арналған саябақтың барлық шығынын ауыл мектебінің әр жылдардағы түлектері көтеріп, өздерінің туған жеріне деген перзенттік сүйіспеншіліктерін осылай білдіріпті. Тұрғындардың игілігі үшін пайдалануға берілген демалыс орны 50 гектар аумақты алып жатыр. Саябақ ішінде бүлдіршіндердің асыр сала алаңсыз ойнауына, ауыл тұрғындарының серуендеп, демалуына жағдай жасалған. Ойын алаңдары, теннис үстелі жасақталып, балалардың бос уақытын қызықты өткізуіне арналған басқа да қажетті жабдықтар орнатылған. Сонымен қатар мерекелік іс-шаралар өткізуге де мүмкіндік қарастырылып, ол үшін саябақ төріне ашық сахна қойылған. Тұрғындар бастамасымен саябақ ауласы абаттандырылып, 70 түп көшет отырғызылыпты.

Ақсақалдардың ақ батасымен қолданысқа берілген саябақтың ашылу салтанатына аудан әкімі Нұрлан Ертас қатысып, қуанышқа ортақтасты. Сондай-ақ аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Бағдат Әлиев, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Батырхан Мендебаев келді. Мектеп түлектерінің туған жерге тартуына үлкендер жағы өздерінің ризашылығын білдірді. Ауыл тұрғыны, ұлағатты ұстаз Жәния Мұстафаева шәкірттеріне деген алғысын былайша жеткізді: «Біздің ауылдың жастары өздерінің патриоттық сезімдерін паш етіп, туған жер үшін үлкен бір істің тиянағын келтірді. Бұған біз, үлкендер жағы, әрине, қуанамыз. Мінекей, кішкентай балаларға қуаныш сыйлау үшін осындай әдемі саябақ жасап берді. Оларға үлкен рахмет айтамыз. Ауылымыздан осындай түлектер өсіп шығып жатса, демек бұл дұрыс тәрбие берудің жемісі деп түсінеміз».

Жалпы ауданда «Туған жерім – тұғырым» жобасы аясында саябақ, спорттық ойын алаңдары сияқты халыққа керекті нысандар салуды ауыл азаматтарының жұмыла атқару үрдісі байқалады. Ал берекелі беріктастықтар бұл орайда өздерінің ауызбіршілігімен, ұйымшылдығымен көпке үлгі болып келе жатқан елді мекеннің бірі.

Беріктас ауылы, Жамбыл ауданы

Лепсіде музей ашылды

(Басы 1-бетте)

Алайда таудай талпыныс, ізденіс пен еңбектің арқасында бүгін қуанышты жағдайдың куәсі болып отырмыз, – деп лепсілік жұртшылықты құттықтап кетті.

Облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі Б. Каметұлы ұлт тарихының, жер тарихының өткенінен өнеге ала отырып, өзіміздің кім екендігімізді айқындаудың, сол арқылы ертеңгі күнге деген бағытымызды түзеудің маңыздылығын атап өтті.

ҚР Парламенті Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі, Лепсі тарихи-өлкетану музейінің жұмысын дөңгелентуге өзіндік үлес қосқан азамат Б. Абдығалиұлы:

– Талай уақыттан бері Алашорда жайлы мәліметтер жинап, кітап та жаздым. Бұл менің ең өзекті тақырыптарымның бірі. Бәукеңнің демеушілігімен музей ашылады деген соң мен де өз қолтаңбамды қалдыруға тырыстым. Мұнда Алашорда әскерлерінің үш дана киімін алып келдім. Ондай жәдігерлер ел аумағында кемде-кем. Алаштықтардың әскери құрылымы негізгі үш бөліктен тұрған. Сол үш бөліктің киім үлгісі әртүрлі еді. Яғни, 5-ші Сібірлік дивизияның, атаман Анненковтың басшылығындағы және Жаркент өңіріндегі отрядтардың әскери формалары бір-біріне ұқсамайтын. Осы киімдерді арнайы дайындап, музейдің көркін ашар деген ниетте халық назарына қойдық, – деп, жиналғандарға ақжарма тілегін жеткізді.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы М. Көлбаев құттықтау сөзінен кейін музейдің демеушісі Б. Оспановқа облыс әкімі А. Баталовтың Құрмет грамотасы мен қазақы салт бойынша арнайы шапан сыйға беріп жібергенін атап өтті. Сонымен қатар, Б. Абдығалиұлының да иығына шапан жапқан ол музейдің бас жобашысы, осындағы құнды жәдігерлерді жинастырып, мектеп ішінен кішігірім мұражай қылып бастаған Мұхаррам Хайбулинге алғыс айтып, облыс әкімінің сый-сияпатын табыстады.

Еңбек ардагері Уәли Рабатов батасын бергеннен кейін лента қиылып, халық музей ішін тамашалауға кірді.

Айта кетерлігі, барлығы 871 жәдігерден тұратын мұражай үш залға бөлінген. Олардың біріншісі Лепсі ауылының тарихы мен мәдениетіне арналса, одан кейінгі зал жалпы қазақ тарихын, осындағы ұлттардың этникалық ерекшеліктерін паш етеді. Соңғы зал Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбын таныстырады. 1988 жылы мектепішілік музей ашып, осындағы экспонаттардың басым бөлігін жинаған М. Хайбулин сақтаған жәдігерлер өлкетану, ауылшаруашылығы, нумизматика салаларын, революцияға дейінгі және кеңес заманын қамтиды. Өлкетану бағытындағы экспонаттар лепсілік бұқараның белсенділігінің арқасында толықтырылған.

Алакөл ауданы

КОНФЕРЕНЦИЯ

УРОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ ҚОЗҒАЛДЫ

Табиғаты тамаша «Жаркент-Арасан» шипажайында еліміздің белгілі уролог ғалым дәрігерлерінің қатысуымен «Урологияның маңызды мәселелері» деген тақырыпта ғылыми тәжірибелік конференция өткізілді. Бұл шараны С. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті урология кафедрасының доценті, медицина ғылымының кандидаты, жоғары санатты тәжірибелі уролог-дәрігер, андролог Аманжол СҰРАНШИЕВ ұйымдастырды.

Ғылыми танымдық конференцияға Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан қатысқан ғалымдармен бірге аймақтың үш ауданынан 30-дан астам дәрігер келді. Шипажайдың жиынжайында өткен конференцияны уролог ғалым Аманжол Сұраншиев кіріспе сөз сөйлеп ашып, маман дәрігерлердің «Жаркент-Арасан» шипажайында басқосуының себебін, арасанның радон суының қуық сырқаттарын емдеуге әсері мол екендігін тәптіштеп айтып, шараның күн тәртібін таныстырып өтті.

Танымдық конференцияның ашылу сәтінде Панфилов ауданының әкімі Талғат Өмірәлиев сөз сөйлеп, өңірге келіп, ғылыми тәжірибелік шара өткізуге ұйытқы болған ғалымдарға алғыс сезімін білдіріп, қатысушыларды құттықтады. Конференцияда алғашқы баяндаманы «Жаркент-Арасан» шипажайының директор-құрылтайшысы Гүлнар Ақсубаева жасады. Қонақтарға шипажай тарихы мен емдік қасиеттерін кеңінен таныстырып өткен баяндамашы шипажайдың радонды суы, келушілерге ұсынылатын сылап булау, балшықпен емдеу сияқты қызмет түрлерінің урологиялық ауруларға пайдасы мол екендігін жеткізді.

Осы мекеменің бас дәрігері Хафиза Мыңбаева шипажайда демалушылар мен емделушілерге қолданылатын қызмет түрлерін таныстырды. Конференцияда, сондай-ақ, С. Асфендияров атындағы Қаз ҰМУ профессоры Дәуренбек Сеңгірбаев, доцент Абдолла Несіпбаев, тағы басқа да ғалымдар баяндама жасап, «Grand Medical Group» компаниясының менеджері Диана Пан урологиялық сырқатты емдеуге қолданылатын дәрі-дәрмектердің түрлері мен қасиеттерін баяндады. Конференция барысында доцент Аманжол Жалауұлының «Қуық асты безінің қатерсіз гиперплазиясы немесе простатаның аденомасы» атты кітабының тусаукесері жасалды.

Аудандардан келген дәрігерлер танымдық конференция барысында ғалымдарға түрлі сұрақтар қойып, қуықасты безі кеселі, урологиялық сырқаттарды емдеу жайлы өздерін толғандырып жүрген сұрақтарға жауап алды. Жалпы бұл шараның жазиралы Жаркентте өткізілуіне өңірдегі белгілі кәсіпкер, облыстық мәслихаттың депутаты Серік Ақсубаев демеушілік жасады.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Панфилов ауданы

БАСТАУ БИЗНЕС

Алғашқы жоба қаржыландырылды

Биыл облыстық кәсіпкерлер палатасы «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, «Бастау Бизнес» жобасының түлектерін жеңілдетілген несиемен қамтамасыз ету мақсатында «Atameken Zhetysu» микроқаржы ұйымын құрған болатын. Міне, бүгін аталған қаржы ұйымы тарапынан жалпы сомасы 5 млн. теңге болатын алғашқы жоба қаржыландырылды.

Қажет АНДАС

Аймақ бойынша шағын несиелендіруге облыстық бюджеттен 2 млрд. теңге бөлініпті. Бұл қаржымен 500-ге жуық кәсіпкерді қаржыландырып, 1000-нан астам жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Биыл «Atameken Zhetysu» микроқаржы ұйымына кәсіпкерлерден 253 өтінім түсіп, бүгінгі таңда 8-і қанағаттандырылған. Қазіргі уақытта 150 өтінім қарастырылу үстінде.

– Микроқаржы ұйымы арқылы несиелендіруге «Бастау Бизнес» оқыту жобасын аяқтаған кез келген қатысушы үміткер бола алады. Әрбір жоба біздің сүйемелдеуімізде. Аудандар мен қалалардағы кәсіпкерлер палатасы филиалындағы кеңесшілеріміз кәсіпкерлерге құжаттарды жинауды бастағаннан жоба бойынша қаражат алғанға дейін жан-жақты қолдау көрсетеді. Кейін берілген қаржының игерілуіне мониторинг жүргізіледі. Ауылдық жерлер үшін қаражат сомасы 7,2 млн. теңгеге, қалада 18,9 млн. теңгеге дейін. Шағын несие 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жыл мерзімде өтеп бітуге болады. Басты ерекшеліктің бірі – кепілдікпен қамтамасыз етуге шектеу жоқ. Сондай-ақ, несие жеңілдетілген шарттармен жылдық 6 пайыздық мөлшерлемемен беріледі, – деп атап өтті облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Дәурен Оналбаев.

Жеңілдетілген несиенің алғашқы иегері талдықорғандық кәсіпкер Әбиден Әбдеш. Ол биыл «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздері бойынша оқыту курсын аяқтаған. Берілген қаражатқа кәсіпкер жылқы сатып алып, қымыз өндіруді жоспарлап отыр.

– Мен ұзақ жылдар сауда саласында жұмыс істедім. «Бастау Бизнес» бойынша оқыту жобасы барысында бағытымды өзгертіп, жылқы шаруашылығымен айналысуды шештім. Берілген қаражатқа 13 бас жылқы сатып аламын. Қазір тәулігіне 20 литр қымыз өндірсек, мал басы көбейген соң өнім көлемі де арта түспек. Шаруашылыққа тұрақты жұмысқа төрт адамды алуды жоспарлап отырмын. Жеке ісімді ары қарай кеңейте бермекпін. «Бастау бизнес» бойынша оқыған барша азаматты «Atameken Zhetysu» ұйымы арқылы несие алып, кәсібінің нәсібін табуға шақырамын. Біз сияқты жандарға жол көрсетіп, үнемі жанымыздан табылатын «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына алғысымды айтамын, – дейді «Асыл арман» шаруа қожалығының басшысы Әбиден Әбдеш.

Кәсіпкер жігітке 5 млн. теңгенің сертификаты облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында тапсырылды. Осыдан кейін БАҚ өкілдері Әбиден Әбдештің Еркін ауылында орналасқан шаруашылық нысанына барып, оның тіршілігін көріп қайтты.

Егер кәсіпкер ауылдық жерде тұратын болса, онда ол кәсіпкерлер палатасының филиалына барып, сол жерде өтініш қалдыра алады. Сонымен қатар, палата кеңесшілері өтінімді рәсімдеуге, құжаттар тізімін рәсімдеуге және қарыз алушының сауалнамасын микроқаржы ұйымының ақпараттық жүйесінде толтыруға көмектеседі. Ал «Atameken Zhetysu» МҚҰ-ның кеңесіне жүгінгісі келсе, оның кеңсесі Талдықорған қаласындағы Астана даңғылы, 2 А, 2-қабат мекенжайында орналасқанын айта кеткен жөн.

Дөңгеленген дүние



ІНДЕТ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?

Әлемге тараған пандемияны жеңу үшін медициналық мүмкіндіктер мен барлық құрал-жабдық жеткілікті. Алайда олар тиісті деңгейде қолданылмайды.

Бұл туралы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басшысы Тедрос Аданом Гебрейесус мәлім етті. Берлинде өткен Денсаулық сақтау саммитінде Гебрейесус жылдың соңына дейін барлық елдерде вакцинаналаумен қамтуды кем дегенде 40 пайыздан асыруға шақырды. Ол өзіне пандемияның қашан аяқталатыны туралы сұрақтың жиі қойылатынын айтты. «Менің жауабым мынадай: пандемияны тоқтатуды бүкіл әлем толық қалап, іске кіріскенде ғана аяқталады. Бәрі өз қолымызда», – деді ДДСҰ басшысы. Ол әлем қауымдастығының пандемияны жеңуі үшін барлық қажет құралдардың бар екенін атап өтті. Олардың қатарында қоғамдық денсаулықты сақтау және медициналық мүмкіндік бар. «Алайда әлем өз мүмкіндігін тиісті деңгейде қолданған жоқ. Күніне 50 мың адам вирустан қайтыс болып жатыр, пандемия аяқталған жоқ. Мұның өзі тек бізге белгілі статистика», – деді ол.



ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ АЯҚТАЛДЫ

Өзбекстанда өткен Президент сайлауында дауыс беру аяқталды. Бұл туралы «Қазақпарат» тілшісі хабарлады.

Ташкент уақытымен кешкі сағат 20:00-де Өзбекстан Президентін сайлауда дауыс беру ресми түрде аяқталды. Комиссия мүшелері дауыс санап болды. Орталық сайлау комиссиясы мәліметіне сай, сағат белдеуіндегі айырмашылыққа байланысты Еуропа елдеріндегі және АҚШ-тағы сайлау учаскелерінде дауыс беру бірнеше сағатқа дейін жалғасты. Сайлаудың алдын ала мәліметі жарияланып та үлгерді. Еске сала кетейік, Өзбекстанда Президент сайлауы өтті. Алдын ала мәлімет бойынша (Ташкент уақытымен) Өзбекстан Президентін сайлауда 15 миллионға жуық адам белсенділік танытқан. Жалпы дауыс беруші контингент 19 859 127 адам десек, олардың 71,8 пайызы кеш батпай тұрып өз таңдауын жасаған. Сайлауда бес үміткер бақ сынады. Оның ішінде қазіргі Президент Шавкат Мирзиёев тағы да жеңіске жетті (80 пайыз). Сайлауда жеңіске жету үшін кандидат 50 пайыздан көп дауыс жинауы керек. Сайлауға мыңға жуық халықаралық бақылаушы қатысқан.



БАЛАЛАРҒА ТИІМДІ ВАКЦИНА

«Pfizer» вакцинасы 5-11 жас аралығындағы балаларға 90,7 пайыз тиімді. Бұл туралы «Pfizer» компаниясы өкілдері мәлімдеді.

«Pfizer» деректеріне сай екінші дозадан кейін кем дегенде жеті күн өткенде вирустың симптомдық формаларына қарсы вакцинаның тиімділігі 90,7 пайызды көрсетеді. Зерттеу 5-11 жас аралығындағы 2 250 балаға жүргізілді. Олардың 1500-і вакцина алды. Pfizer компаниясы вакцинаналаудан кейін ауыр ауру түрлері мен мульти қабыну синдромы немесе миокард жағдайлары тіркелмегенін хабарлады. Балаларға арналған дозаның мөлшері – 10 микрограм. Ересектерге 30 микрограмм салынады. Бір ай бұрын Pfizer вакцинаның 5-11 жастағы балаларға қауіпсіз және тиімді екенін мәлімдеген, алайда оның дәлелдері болмаған. Вакциналар бойынша сарапшылардан тұратын АҚШ-тың дәрі-дәрмек жөніндегі федералды агенттігі Pfizer бойынша кезекті отырысын өткізеді. АҚШ-тың денсаулық сақтау органдары 5-11 жас аралығындағы балаларға Pfizer вакцинасын егуге рұқсат етсе, балаларды вакциналау науқаны қарашаның басында басталып кетпек.



ТАҒЫ ДА ЖАҢА ШТАММ

Беларусьте коронавирустың жаңа штамы тіркелді. Бұл туралы Беларусь Республикасының Денсаулық сақтау министрінің орынбасары – Бас санитар Александр Тарасенко айтты.

«Қазіргі кезде көбіне дельта-штамм анықталып жатыр, алайда қырқүйектің басынан бері біз вирустың дельта-лайт штамын байқай бастадық. Әзірге екеуінің арасында қатты айырмашылықты көрмедік, ондай жағдайлар аз», – деді Александр Тарасенко. Денсаулық сақтау министрінің айтуынша, вирус адамнан адамға бұрынғыдан да тез жұғады. «Бұрын вирус 15 минут және одан көп уақыт ішінде жұғатынын айтқан едік, жаңа штаммды жұқтыру үшін ауырған адамның қасында екі минут қалу жеткілікті», – деді ол. Одан бөлек, көбіне аталған дертке көбіне 30-49 жас аралығындағы жастар шалдығып жатыр. «Минскіде, басқа өңірлерге қарағанда, вирус жұқтырып жатқандардың басым бөлігі – 29 жасқа дейінгі азаматтар», – деп қосты Александр Тарасенко. Аурудың клиникалық көрінісінде айырмашылықтар бар. Атап айтқанда, бұрын аурудың ауыр кезі 8-ші күн болса, қазір ол екі есе қысқарған. «Ауруға өзгеріс еніп жатыр», – деп нақтылады бас санитар.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

№125
(18977)

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Seısenbi,
9 qarasha,
2021 jyl

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

ІССАПАР

СПОРТ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Талдықорғандағы "Өркен" спорт кешенінде ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасында ҚР жекекомандалық чемпионаты басталды. Жарысқа еліміздің әр өңірінен іріктеліп келген 200-ге жуық спортшы қатысты. Зілтемірді білегінде ойнатқан толағайлардың бәсекесін тамашалауға ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты РАЙЫМҚҰЛОВА, облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ, ҚР Мәдениет және спорт министрінің штаттан тыс кеңесшісі Ислам БАЙРАМУКОВ, ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің бас директоры Серік ҚАСҚАБАСОВ, ҚР ауыр атлетика федерациясының бас хатшысы Алдияр НҰРАЛИНОВ, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт ТЕҢІЗБАЕВ келді.

Айдар ҚАЛИЕВ

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған Ақтоты Райымқұлова:

– Елбасы мен Мемлекет басшысының сындарлы саясатының арқасында халықтың экономикалық әл-ауқатымен қатар спорт та қарыштап дамып келеді. Спорт – ел дамуының басым бағыттарының бірі. Үкіметтің қолдауымен Қазақстан спорты әлемдік бәсекеге қабілетті деңгейімен танылды. Осы іске үлес қосып, республикалық шараның жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен облыс басшылығына, ауыр атлетика федерациясына ризашылығымды білдіремін, – деп жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Өз кезегінде Амандық Ғаббасұлы: "Бұл жарысты өткізу біз үшін үлкен мәртебе. Қасиетті Жетісу жерінен әлемдік ареналарда топ жарып жүрген спортшылар көптеп шығуда. Байрақты бәсекеде ел намысын абыроймен қорғап жүрген тау көтерген толағайлар да жыл санап артып келеді. 2015 жылдан бүгінге дейін облыста 13 спорттық-сауықтыру кешені салынды. Биыл олимпиадалық жүзу бассейні пайдалануға берілді. Тағы 4 спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Осындай қолдау шараларының арқасында облыс спортшыларының жетістіктері артып, бүгінгідей айтулы шаралар тұрақты өткізіліп келеді", – деп, облыстағы спортшылардың жетістігін айтты.

Осыдан кейін Араб түбегінің Джедда қаласында өткен Әлем біріншілігінде жеңістің желкенін көтерген облыс спортшысы Руфина Чалкарова мен Қызылорда облысының ауыр атлеті Рахат Бекболатқа ҚР Мәдениет және спорт министрі мен ауыр атлетика федерациясының Алғыс хаты және ақшалай сыйлық табысталды.

Толағайлардың бәсекесі тартысты басталды. Еліміздің әр қиырынан 15 команданың спортшылары 20 түрлі салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті. Әрқайсысы жеңімпаз атану үшін барын салуда. Айта кетейік, ел біріншілігі 11 қарашаға дейін жалғасады.

Осыдан кейін Салтанат сарайында жиын өтті. Оған еліміздің әр өңірінен жиналған ауыр атлетика жаттықтырушылары қатысты. Отырыс барысында Жаттықтырушылар кеңесінің басым көпшілік дауысымен Дәурен Бекмұханбетов ауыр атлетикадан Қазақстан құрамасының бас бапкері болып сайланды.

Мұнан соң Мәдениет және спорт министрі қолбасшы, батыр Жолбарыс Жылқайдарұлының ескерткішіне барды. Келесі кезекте «Жастар» спорт сарайына бас сұғып, «Жетісу» волейбол клубының қыздарымен әңгімелесті. Қазақстанның 8 дүркін жеңімпазы болған волейболшы қыздармен естелік суретке түсіп, спортшылардың алдағы жарыстарына сәттілік тіледі.

Сапар соңында Ескелді ауданындағы дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешенін аралап, ондағы жұмыс барысымен танысып, жас спортшылармен кездесті.

ТАНЫМ

Өз заманында ел іргесін нығайтып, бірлігін сақтап, уақыт сынына төтеп беріп, тарих сахнасынан өзінің орнын алған Алдияр батыр Тәуке хан тұсында қазақ жерінің бір сүйемін де жау табанына бастырмаймын, қалмақтың адымын аштырмаймын деп атқа қоныпты. Бұған дейін қырғыз елінде батырлығымен танылған ер Алдиярды Тәуке хан беделді елшілер жіберіп шақырып алып, оң жағынан орын беріп, қасарысқан дұшпанды қазақ жеріне қадам бастырмаған өр тұлғаның өжеттігін, мінезінің кесектігін қадір тұтқан көрінеді.



АСҚАҚ РУХТЫ АЛДИЯР БАТЫР

Алты Алаштың ардағы, тарихшы ғалым Мұхаметжан Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы» еңбегінен батыр бабамыз туралы жазба деректерге қанығып өскен кейінгі буын еларалық, жалпыұлттық тұлғаға ескерткіш орнатуды мақсат тұтқаны анық. Сарқан ауданына кіреберісте биік тұғырдағы Алдияр батыр ескерткіші салтанатты түрде ашылды. Ақ түсті матамен көмкерілген ескерткіштің екі жағында батырдың киімін киген 2 ер-азамат Құрмет қарауылында тұрды. Сән-салтанаты келіскен ақжаулықты әжелеріміз шашу шашып, ибалы да инабатты қыздарымыз жеті шелпек таратты.

– Тәуелсіздік алғанымыздан бері өткеніміз бен бүгініміз сараланып, болашаққа жол ашылып, ұлы тұлғаларымыздың ұлағатты ерлікке толы істері кеңінен ұлықталып келеді, – деді ескерткіштің салтанатты ашылу тізгінін қолына алған Қазақстанның өнер қайраткері, Мұхтар Әуезов атындағы драма театрының актері Саят Мерекеұлы. – Елімізде қазақтың бостандығы мен азаттығы жолында азап шеккен тұлғаларға, қазақ елінің бірлігі мен жерінің тұтастығы үшін жанын қиған батыр бабаларымызға ескерткіштер қойылып, олардың есімдері жас ұрпаққа жете танылуда. Осындай игі істер өз жалғасын тауып, бүгінгі күні Сарқан ауданында Алдияр батырдың еңселі ескерткіші бой көтеріп отыр.

Батыр баба ескерткішінің ашылу салтанатында Сарқан ауданының Құрметті азаматы, абыз ақсақал Болат Рахметқалиев бата беріп, Сарқан ауданының әкімі Талғат Қайнарбеков кіріспе сөзінде жұртшылыққа қиын-қыстау кезеңде қалың еліне көшбасшы болған батырдың ерлік жолы жөнінде қысқаша айтып өтті.

Алдияр Елкеұлы шамамен 1641-1712 жылдары ғұмыр кешіп, қазақ-қалмақ соғыстарында есімі аңызға айналған хас батыр. Есімі Садыр руының ұранына айналған. Шыршық өзені жағасында жоңғармен соғыста қаза тауып, Жаңақорғандағы қасиетті Төлегетай, Қылышты ата қорымына жерленген.

«Өсетін ел тарихын таспен жазады, өшетін ел тарихын жаспен жазады», – деп дана халқымыз айтпақшы, ескерткіш бір мезеттік дүние емес, ұрпақтарға қалатын тарихи мұра. Осы мәңгілік мұра аудан тұрғындарының, еліміздің түпкір-түпкірінде тұратын баба ұрпақтарының, жерлестеріміздің демеушілік көмегімен орнатылған. Аудан әкімі Талғат Қанатұлы, ұйымдастыру комитетінің төрағасы Қадыр Абдрахманов, «Бабалар рухы» қоғамдық қорының төрағасы Жанат Мұқашев Алдияр батыр ескерткішін салтанатты түрде ашып, ескерткішті сомдаған Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі, еліміздегі көптеген мүсіндердің авторы Еркін Мақұлбаевтың иығына ұйымдастыру комитеті атынан шапан жабылып, құрмет көрсетілді.

Салтанатты жиында Нұр-Сұлтан қаласынан келген генерал-майор Сағатбек Нұрахметов, ақын, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Маралтай Райымбекұлы, баба ескерткішінің орнатылуына ұйытқы болған алматылық Жанат Тойшыбеков, Қызылордадан келген бабамыздың ұрпағы Орынбай Ахметов, Талдықорған қаласынан келген қадірлі қонағымыз Болат Молдабеков сөз алып, табанымен шоқ басқан батыр бабамыз жайында тебіреністі лебіздерін ортаға салды.

Жиын қорытындысында ұйымдастыру комитетінің төрағасы Қадыр Абдрахманов ауқымды жұмысты бір атаның баласындай атқарған барша қауымға алғысын айтып, ақ тілегін ақтарды. Сол күні түсте алыс-жақыннан келген ағайын баба рухына арналған асқа қатысып, танымал қоғамтанушы ғалымдардың, тарихшылардың, жазушылардың ғылыми материалдары мен мақалалары, арнаулар, күйлер, дастандар, өлеңдер мен әндер жинақталған, тарихи тұлғаның, ұлы қазақ қолбасшысының бітім-болмысы сомдалған «Алдияр батыр» кітабының тұсауын кесті. Кешке батыр баба рухын аспандатқан Қазақстан өнер жұлдыздарының концертінен кейін отшашу шашылды.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

КӨЛІК және КОММУНИКАЦИЯ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ «Dar Rail» ЖШС өкілдерімен кездесіп, олардың Алакөл ауданына қарасты «Достық» бекеті аумағынан логистикалық кешен құрылысын салу туралы жобасымен танысты. Кездесуге Алакөл ауданының әкімі Алмас ӘБДІНОВ те қатысты.

КЕДЕН ІСІ ӨРКЕНДЕЙДІ

Қажет АНДАС

"Достық" бекеті Қазақстан Республикасының оңтүстік шығыс шегарасында орналасқан. Қытай мемлекетіне өтетін теміржол қызметі осы "Достық" кедені арқылы өтетіндіктен темір жол жүйесі жақсы дамыған. Сонымен қатар, Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық жақсы өркендеген орталық.

«Dar Rail» ЖШС-нің бизнесті дамыту жөніндегі директоры Максим Матюктің айтуынша, Қазақстан – Қытай арасындағы сауда айналымы жыл сайын қарқынды дамып келеді. Сондықтан кеден аумағында заманауи талапқа сай жүк сақтайтын, оны тасымалдайтын орталық салу көптік етпейді. Олар осы мақсатта кеден маңындағы 30 гектар аумаққа үлкен кешен тұрғызбақшы. Ол екі ел арасындағы жүк тасымалын көбейтуге ықпал етеді. Аталған жобаны жүзеге асыру биылғы қараша айынан басталып, келесі жылдың екінші жартысында қолданысқа енбекші.

Компанияның жобасымен толық танысқан облыс басшысы тиісті мекеме басшылары мен Алакөл ауданы әкіміне керекті жер телімінің құжаттарын рәсімдеуге және басқа да инфрақұрылымын жүргізуге қолдау танытуды тапсырды.

Тарих болып сұрқай кезең, жыл өктем,
Ғасыр бойы ұлттың рухын жыр еткен.
Талай тұлға шыып шыққан, тұлеткен,
«Jetisýga» жазып, сырлас, жүрекпен!

Әр мақаласын отбасымызбен оқитын, сара сөзін санамызға тоқитын, кішкентайымыздан көзге ыстық, көңілге жақын жан азығы — өзіміздің «Jetisýga» жазылайық!

БАСПАСӨЗ – 2022

Жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40



ЖАҢҒЫРҒАН ЖАМБЫЛДАН – ЖЕРҰЙЫҚ ЖЕТІСУҒА

«Жамбыл – менің жай атым,
Халық – менің шын атым», – деп кен кеудесінен қазына төккен даланың дауылпаз жырауы, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойы ел көлемінде аталып өтуде. Тінті, түркітілдес елдердің топырағында төкпе жырдың тұнығы болған баба тойы салтанат тауып, рухани шаралар өрнектелген-ді. Күні кеше гана Талдықорған төрінде «Төгейін жырды халқыма» атты халықаралық қазақ-қырғыз айтысы орын алса, осынау игі шаралар өз жалғасын тауып, қасиетті Жамбыл облысының рухани көш-керуені жер жаннаты Жетісуға сән-салтанатымен ат басын бұрды.

Жамбыл облысының Алматы облысындағы мәдениет күндері ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен бастау алды. Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында еңсе тіктеген баба ескерткішіне гүл шоғын қойған Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Дәулет Кәрібек бастаған делегация ақын атындағы музейге табан тіреп, ондағы жәдігерлермен танысты. Ал бұл уақытта Талдықорған қаласындағы Б. Римова атындағы драма театрында «Тараз – Ұлы даланың көне шаһары» атты жылжымалы көрмесі ұйымдастырылып, қала қонақтары мен тұрғындарының назарына ұсынылды.



(Мақаланың толық нұсқасын газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар)

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ



МӘСЕЛЕ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Жетісу жеріндегі құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтіп, облыстағы аса өзекті мәселелер қаралды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ ашып, жүргізіп отырған жиынға облыс прокуратурасының, ведомствоаралық комиссияның мүшелері, мемлекеттік органдардың басшылары, аудан, қала әкімдері, аумақтық полиция басқармасы бөлімдерінің басшылары қатысты.

Алқалы жиында жеті мәселе – «Кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық тиіспеушілікке қатысты қылмыстардың алдын алу жөніндегі жұмыстың нәтижесі», «Жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау саласында қабылданған ұйымдастырушылық-тәжірибелік шараларды ескере отырып, браконьерлікпен күрес нәтижесі», «Интернет алаяқтыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Облыс аумағындағы өрт қауіпсіздігінің жай-күйі», «Жолда жүру қауіпсіздігі мен жол апатының алдын алу жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуы», «Дәріханаға есірткі тәуелділігі» мәселесі және оны шешудің жолдары» және Құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның алдыңғы отырыстарында жасалған хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы талқыланып, өзекті мәселелердің шешімін табу жолдары қарастырылды.

Алғашқы болып мінберге көтерілген облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция басқармасы басшысының міндетін атқарушы Болат Азнабакиев пен облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Сүлейменова мектеп оқушыларының тәртібі мен қауіпсіздігін қарайтын инспекторлардың жұмысын таныстырып, жасөспірімдер арасындағы орын алуы мүмкін келеңсіздіктерді болдырмаудың жолдарын таныстырды. Сондай-ақ, мектеп инспекторларының жетіспеушілігін мәселе етіп көтерген баяндамашыларға сұрақ қойған облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов өскелең ұрпақ тәрбиесі ұстаздардың қолында екендігін жеткізіп, тәртіпсіз немесе бұзық балаларға ұдайы ақыл айтып, жөн көрсетудің берер пайдасы болатынын ұғындырды.

Одан кейінгі тақырыпқа байланысты облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция басқармасы басшысының міндетін атқарушы Болат Азнабакиев пен Балқаш-Алакөл облысаралық бассейндік балық шаруашылық инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Ринат Құмашев, облыстық полиция департаментінің криминалды полиция басқармасы бастығының орынбасары Лариса Ким, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Асқар Тойшыбеков, ҚР Бас прокуратурасына қарасты Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің Алматы облыстық басқармасының бастығы Ақмарал Қыдырова, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ғалымжан Дәрібаев, облыстық полиция департаментінің есірткіге қарсы күрес басқармасының бастығы Қазыбек Мұхамедов, облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімінің басшысы Зәуре Құсайынова кезекпен мінберге көтеріліп, облыс аумағында атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесімен таныстырды.

Жиынды қорытындылаған комиссия төрағасы – облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов: «Ерекше аталатын жағдай – қылмыстардың өсуі жергілікті жерлерде профилактикалық жұмыстың тиісті деңгейде жүргізілмеуінен орын алады. Өздеріңіз көріп отырғандай, облыс аумағындағы кейбір қылмыстардың саны төмендеуіне қарамастан жалпы қылмыстың көрсеткіші жыл сайын өсуде,» – деп мәселенің маңызды екендігін атап өтті. – Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуды, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке байланысты қылмыстарды болдырмауды, құқық қорғау мәселелері жөніндегі шараларды тиісті деңгейде ұйымдастыруымыз керек. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық, қатыгездіктің алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Бұл мәселеге барлық құзырлы органдар бірлесе отырып, тиісті шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етсін.

Комиссия отырысында айтылған міндеттер мен тапсырмалардың орындалуын қадағалауды аудан, қала әкімдеріне, аудандық, қалалық полиция бөлімдерінің басшыларына тапсырған облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов мәселенің назардан тыс қалмайтынын ескертті.

М. ӘСЕТҰЛЫ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Тарихымызды тереңірек танып-білу, өткенімізді дәріптеу мақсатында аудандық кәсіподақтың ұйымдастыруымен тәуелсіз Қазақстанның сакралды орындарының бірі болып саналатын киелі Түркістан өңіріне танымдық экскурсия жүргізілді.

ЕР ТҮРІКТІҢ БЕСІГІ

Түбі бір түркіні біріктіру ұлы мақсат болса, оның бастауы – Түркістан. Елбасы шешімімен облыс орталығына айналған киелі Түркістан – ер түріктің бесігі тарихи маңызы арта берер өлке болмақ. Түрленген, жасарған өлке қуатты экономикамыздың потенциалын айғақтайтын, әлі талай белесті еркін бағындырары сөзсіз.

Руханият шамшырағы саналатын киелі Түркістанға танымдық экскурсияға аудан мектептерінің кәсіподақ мүшелерінен 100 адамнан құралған топ барып келді. Танымдық экскурсия барысында Арыстанбаб кесенесіне, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейіне, келбеті керемет, сәні мен салтанаты ерекше құлпырған Керуен сарайға саяхат жасалып, ұстаздар қауымы саяхаттан үлкен рухани азық алып қайтты. Тарихтан сыр шертер сырлы сапардан ұстаздар қауымы зор әсер алып, қайтар жолда киелі Айша бибі мен Баба хатун мавзолейіне саяхат жасады.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған бұл танымдық экскурсия көне тарихи құндылықтарды терең біліп, зерделеуде, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде алар тағылымы мол саяхат болды. Барлық ұлылық тарихқа оралудан басталады демекші, қазақтың қазақтығын іздесең Түркістанды айналып өту мүмкін емес. Тарихтың қай кезеңінде де елдігіміз бен руханиятымыздың алтын тірегі осы бір Тұранның киелі атырабынан басталары сөзсіз.

Барлық ұлылық тарихқа оралудан басталмай ма? «Киесінен киік үркіп сүрінген» деген сөз бар қазақта. Ол осы даланың топырағына берген баға болса керек. Бабаларымыздан қалған аманатты келер толқынға сол таза, құнды, бағалы түрде жеткізуіміз керек деп есептеймін.

Осы орайда аудан мектептері кәсіподақ төрайымдары атынан кеземет экскурсияны ұйымдастырушы Еңбекшіқазақ аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Серік Надырбаевқа зор алғысымызды білдіреміз. Осы экскурсияны ұйымдастыруда ұйытқы болған Гүлнұр Әбілқызына, Толқын Нұрмұқашқызына да үлкен рахмет айтамыз.

«Өткеніңді ұмытсаң – өшкеніңнің белгісі», – дейді дана қазақ. Ауыздан ауызға жатталып тараған көптеген құнды дүниелер қазіргі ұрпаққа жеткен. Тарихи жәдігерлерді қаз-қалпында сақтап, тек өзіміздің халыққа ғана емес, шетелден келген демалушыларға, қызығушыларға да көрсетіп, әлемдік мәдени аренаға шығарып, ұлтымыздың тарихын, әңгіме-аңыздарын түсінікті етіп жеткізу – алдағы мақсаттардың бірі. Келешекте осындай саяхаттар тағы да жалғасын табады.

Жанатгүл БҮТІМБАЕВА,
облыстық балалар мен жасөспірімдердің спорттық туризм және экскурсия орталығы кәсіподақ ұйымының төрайымы



Қазақта «Адамға алғыс айтпағанның Аллаға шүкірі жоқ» деген тамаша қанатты сөз бар. Осы бір сөздің астарында қаншама құндылық жатыр десеңізші?! Алғыс арқалаған азаматтар көп болсын деп тілейміз. Әрине, ондай азаматтар өте көп. Бірақ соны біз байқай бермейміз, я болмаса алғысымызды жеткізе алмаймыз. Осыдан барып біздің қоғамда кері пікір қалыптасады.

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН

Бүгінде мынау әлеуметтік желіде алғыс айтудың орнына сын айтушылар басым. Әсіресе, қарапайым халық билікке өкпесін айтып, басшылықта отырған азаматтарды күндеп жатады. Дәл осындай жағдайды көріп отырып, кейде іштей қынжыласың. Бізде алғыс арқалайтын азаматтар қалмаған ба деген ой да қылаң береді. Шындығына келгенде, олай емес, байыбына барсаң қол ұшын созатын адамдар өте көп.

Мәселен, мен Қаратал ауданындағы «Nur Otan» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Алмас Байғонусовқа үлкен алғысымды білдіргім келеді. Өз ісіне адал, алдына келген барлық адамға қолынан келгенше көмегін аямайды. Мен көп жылдар үй кезегіне тұруға мүмкіндігім болмады. Жалғызбасты ана ретінде үй кезегіне тұру мен үшін мұң болды. Халыққа қызмет көрсету орталығы бірқатар заңдылықтарды алға тартып, менің кезекке тұруым қиындыққа келіп тірелді.

Дәл осы тұста ауданда орналасқан «Nur Otan» партиясында отырған Алмас Ажарханұлына өз өтінішімді айтып бардым. Бар ынтасымен менің өтінішімді тыңдап алып, аудандық халыққа қызмет көрсету орталығына апарып, аталған мәселені заңды тұрғыда шешіп, кезекке орналастырды. Алмас Байғонусовтың бұл ісіне шын ықыласыммен ризашылығымды білдіріп, төбем көкке жеткендей қуандым. Алмас Ажарханұлының қайырымды ісіне өз тарапымнан баспасөз арқылы алғыс айтуды жөн деп санадым. Әрбір тұрғынның жағдайына қарайласқан Алмас Ажарханұлының еңбегіне табыс, отбасына амандық, қызметінде абырой биік тілегім келеді. Әрдайым ел алғысына бөленсін деп отбасымның атынан шексіз алғысымды білдіремін!

Әсел ҚҰЛАХМЕТОВА
Қаратал ауданы

ҚАТТЫ ОТЫН

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА



Жыл сайын күз айларында көмірге деген сұраныстың арта түсетіні анық. Биыл да дәл солай болып тұр. Осыған орай Талдықорған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің халықты қатты отынмен қамтамасыз ету жағдайын зерттеп көрдік.

Қажет АНДАС

Аталған мекеменің ақпараты бойынша, жалпы Талдықорған қаласының тұрғындары қыстан қысылмай шығу үшін қажетті қатты отын көлемі 92 мың тоннаны құрайды. Олардың есебінше, 1 маусым мен 11 қараша аралығында 78,4 мың тонна көмір сатылған. Күніне орташа 9 вагон, 621 тонна көмір қаладағы тұйықтарға жеткізілуде. Қазан айында 22,1 мың тонна көмір сату жоспарланса, 273 вагон көмір жеткізіліп, 18,8 мың тонна қатты отын саудаланған. Қараша айына 21,3 мың тонна көмір сату жоспарланған. Бүгінде оның 104 вагон, 7,1 мың тоннасы тұтынушылардың қажеттілігін қамтамасыз еткен.

Қала бойынша қатты отын сатумен 9 мекеме айналысады. Нақтылап айтар болсақ, «Сауда-Көмір» және «АРС» ЖШС мен «Абдраимов», «Айнабеков», «Уйсембеков», «Мусанов» ЖҚ Каражыра көмірін, «Нурбол», «Мергиязов», «Гасанов» ЖҚ Шұбаркөл көмірін сатады. Қоймада бір тонна көмірдің орташа бағасы 14,5 мың теңгені құрайды.

Біз қаладағы көмір сатумен айналысатын тұйықтарды аралап көргенімізде «Мергиязов» ЖҚ-ға қарасты тұйықта көмірдің қауырт саудаланып жатқанын көрдік.

– Біз Шұбаркөл көмірін сатумен айналысамыз. Бүгін тұйыққа үш вагон (200 тонна) көмір жеткізіліп еді, түске дейін сатылып кетті. Тұйыққа 2-3 күнде көмір жеткізіліп тұрады. Осы арқылы тұрғындардың қажеттілігін қамтамасыз етуге тырысып келеміз. Десе де, көмір келмей қалған күндері кезектің болатыны рас, – дейді «Мергиязов» ЖҚ жетекшісі Шәкір Мергиязов.

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің айтуынша, қазір жолда 64 вагон (4416 тонна) көмір келе жатыр. Оның 12 вагоны Матай және Үштөбе стансысында тұр. Олар да бүгін-ертең қалаға жеткізіліп, сатылымға шығады. Күнделікті «ҚТЖ Жүк тасымалдары» АҚ-ның Талдықорған бөлімшесімен қатты отынның қала тұйықтарына келіп түсуі бойынша мониторинг жүргізілуде.

«Қыстың қамын жазда ойла» дегендей, тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз ету тұрғысында қала әкімдігі тұрғындарға көмірді жаз мезгілінде сатып алу қажеттігін түсіндіріп келеді. Алайда пышақ жұлынымызға тақалғанда қозғалатын әдетіміз де бар. Соның салдарынан күн суыта бастағанда қаптаған кезек орын алып жатады.

ДАМУ

МАҚСАТ – ӨНІМ КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУ

Жер жаннаты Жетісудың әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып отырған аграрлық саланың айшықты жұмыс істеуіне, мол табыс табуына "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі еншілес компаниясы "аграрлық несие корпорациясы" АҚ қаржылай қолдау көрсетуі соны серпін беруде. Биылғы жылы Аграрлық корпорацияның ауылшаруашылық өндірістік кәсіпорындар (АӨК) саласын қаржыландыруы 251,9 млрд. теңгені құрайды. Сүбелі салаға салынған қаржының игерілуін бақылау мақсатында жуырда аталған корпорацияның ұйымдастыруымен Қарасай мен Іле аудандарындағы шаруашылықтарға баспасөз туры өтті.



Ұлбосын ИСАБЕК

Еліміздегі тауарлы-сүт фермаларын дамыту – корпорация қызметінің басым бағыттарының бірі. Осы мақсатты жүзеге асыру аясында биылғы жылы 19,5 млрд. теңге бөлу жоспарланған. Бұл саланың қаржыландырылуы елдегі сүт тапшылығын болдырмауға айтарлықтай әсер еткені анық. Соның дәлелі ретінде «Агробизнес» бағдарламасы бойынша Аграрлық несие корпорациясынан жеңілдетілген несие алған табысты жобалардың бірі – «Ақсүт LLC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін айтар едік. Алматы қаласының маңында орналасқан тауарлы-сүт фермасы қаланың сүт өндеу кәсіпорындарына шикізат жеткізумен айналысады.

– Тауарлы-сүт фермасының құрылғанына екі жыл болды. Аграрлық несие корпорациясының 5 жыл мерзімге 6 пайыздық несие беріп, қаржыландыруының арқасында фермамыз аяғынан нық тұрып келеді. Себебі, мұндай шаруашылықты өз қаржыңмен жасау мүмкін емес. Қазір кәсіпорында Голландия мен Словакиядан әкелінген 2 мыңнан астам голштино-фриз асыл тұқымды ірі қара малы өсірілуде. Бастапқыда сатып алынған мың бас ірі қара саны екі есеге артты. Ендігі мақсатымыз – сауын сиырдың басын үш мыңға жеткізу және бәсекеге қабілетті сары май, ірімшік сияқты отандық сүт өнімдерін өндіретін зауыт құрылысын алдағы жылы бастау, – дейді «Ақсүт LLC» ЖШС-нің басқарушы директоры Ұлан Кеңесбаев.

Аталған фермада автоматтандырылған «Параллель» сауу залы жабдықталған. Заманауи технологияның қуаттылығы сағатына 240 сиырды саууға мүмкіндік береді екен. Желіні жер сызған сүтті сиырлардан тәулігіне 20 тонна сүт алынса, әр сиырдан орта есеппен 20-22 литр сүт сауылады. Олардың арасында тәулігіне 50 литрге дейін сүт беретіндері кездеседі. Сүттің сапасы мен құрамы күнделікті лабораторияда тексеріліп, қадағаланатындығын атаған ферманың бас мал дәрігері Нұрмағанбет Ақжігітов мұндағы әр бас сиырдың «паспорты» барын айтты. Мал ауруларының алдын алуда уақытылы екпе салу жұмыстары жүргізіліп, «Сиырдың сүті – тілінде» деген тәмсілге сай мал азығының құнарлы болуына да баса көңіл бөлінетіндігін тілге тиек етті.

Аграрлық несие корпорациясының қаржыландыруының нәтижесінде ферма қарамағындағы 5 гектар жерде 11 мал қорасының құрылысын қысқа мерзімде аяқтаған. Қысы-жазы осы қорада тұратын асыл тұқымды сиырлардың жемшөбін де шаруашылық өздері дайындайды. Биылғы құрғақшылыққа қарамастан қыстан қысылмай шығу үшін 4,5 гектар жерден он мың тонна сұрлем, екі жарым мың орам сабан, мың тоннадан арпа, жүгері, он мың орам жоңышқа дайындалған. Бір сөзбен айтқанда мал азығының берік қоры жасалған.

Әр сиырдың күніне шамамен 50 литр су ішуі қажеттігін ескерген фермерлердің ең бірінші140-150 метр, одан кейін 250 метр тереңдікте су ұңғымасын орнатып, құмдауыт жердегі су тапшылығын жоюы үшін үлкен іс тындырғанын айрықша атау абзал. «Ақсүт LLC» серіктестігінде бүгінде 50 адам тұрақты еңбекпен қамтылған. Оларды жайлы жатақхана, ыстық тамақпен қамтамасыз ету басты орынға қойылған. Соның арқасында еңбек өнімділігі артуда.

Жылыжай кешендерін дамыту да ауылшаруашылық өндірістік кәсіпорындары саласын қаржыландырудағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Жылыжай құрылысына, тамшылатып суару жүйесін сатып алуға биыл Аграрлық несие корпорациясы 21,4 млрд. теңге бағыттаған.

Қаржылық қолдау нәтижесінде жалпы аумағы 14,6 гектар «Shakh Eco Food» шаруа қожалығы өнеркәсіптік жылыжайының құрылысы қарқын алған. Жоба іске асырылып, осы жылдың сәуір айында ауданы 4,6 гектарды құрайтын жылыжай пайдалануға берілген. Аталмыш жылыжай кешені «Қарапайым заттар экономикасы» несиелеу бағдарламасы шеңберінде қаржыландырылған.

Осы кәсіпке келуімнің басты себебі – Алматы қаласында жеті жыл бұрын іске қосылған отбасылық «Шах» аспаздық мейрамхана желісі жұмыс істейді. Бала-шағамызбен шетелге шығып, жан-жақты зерттеп көргеннен кейін бізге Түркиядағы мейрамханалардың жүйесі өте қатты ұнады. Өйткені, көпшілік мейрамханалар өзіне керек шикізатты өздері өндіріп, қажеттіліктеріне жұмсайды. Сол себепті, бірінші мақсатымыз – біздің мейрамханаларда тұтынатын экоазық-түліктерді, атап айтсақ, қызанақ өсіруді қолға алдық. Осы орайда, Аграрлық несие корпорациясының көмегімен өткен жылы 4 гектарды жөндеуден өткізіп, алғашқы өнім алынды. Өткен жылы бір гектардан 300 тонна өнім алынды. Биыл 4,7 гектар жылыжайды іске қостық. Қазіргі таңда серіктестікте 50 адам еңбек етеді. Келешекте тағы 6 гектар жерді жабдықтап, жылыжай жасау жоспарымызда бар. Бұл ойымыз жүзеге асса 150 адам тұрақты еңбекпен қамтылатын болады, – дейді «Shakh Eco Food» ЖШС-нің құрылтайшысы Гүлдана Кемелбекқызы.

Сапалы да табиғи қызанақтар Алматы мен Қазақстанның өзге де қалаларындағы сауда тораптарына таратылса, тағы бір бөлігі Ресейге экспортталады. Отандық өнім – қызанақты өсіріп, қолжетімділігін арттыру бағытында жұмыс істеп тұрған жылыжай шаруашылығы толық автоматтандырылған. Мұндағы еңбек адамдарының жылы да жайлы орында алаңсыз еңбек етуіне бар мүмкіндік жасалған. Тіптен, карантиндік шараларды сақтап, денсаулықтарын қорғауда барлығы дерлік вакцина алып, жұмыс ырғағының бұзылмауына күш салуда. Қырқүйектің соңында отырғызылған жап-жасыл көшеттердің түйін тастағанын, алдағы желтоқсан айында алғашқы өнім жинала бастайтындығын қуана жеткізген Гүлдана Кемелбекқызы төккен тердің қайтарымы мол боларына бек сенімді.


Іле, Қарасай аудандары

ҚАТТЫ ОТЫН

КӨМІР ЖЕТКІЗУДЕ ІРКІЛІС БАР

Сенбіде облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен аймақ тұрғындарын көмірмен қамтамасыз ету туралы кеңес отырысы өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов, селекторлық режимде аудан-қала әкімдері, басқарма басшылары мен облыстық БАҚ өкілдері қатысты.

Қажет АНДАС



Биылғы жылыту маусымы қалай өтуде? Көмірмен қамтамасыз етудің жалпы жағдайы қалай? Облысқа күніне қанша тонна қатты отын жеткізіледі? Осы сұрақтар төңірегінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағлан Әбілқасымов мәлімдеді.

Оның айтуынша, өңірдегі жылыту маусымы штаттық режимде өтуде.

– Жетісулықтар үшін биылғы жылыту маусымына жеткілікті көмір қажеттілігі 1,33 миллион тоннаны құрайды. Бүгінгі таңда облыс аумағында барлығы 994 тонна қатты отын сатылды. Сондай-ақ, тұйықтарда жаз мезгілінен бергі 5,1 мың тонна көмір қалдығы бар. Күн сайын облысқа 82 вагон көмір жеткізіледі. Оның 47-сі облыс елді мекендеріне, 35-і Талдықорған қаласындағы тұйықтарға түсіріледі. 1-12 қараша аралығында облыс орталығына Шұбаркөл және Қаражыра көмірінен 148 вагон келді. Біз күн сайын мониторинг жүргіземіз. Бағаның өсуі байқалмайды. Нарықтық бағасы 14500-16000 теңге айналасында, – деп атап өтті ол.

– Көмір тапшылығы жоқ және болмайды да. Күн сайын облысқа қатты отын тасымалдайтын 82 вагон жеткізіледі. Сонда қандай тапшылық болуы мүмкін? – деді Лаззат Махатұлы кеңесте.

Осы тұста облыс бойынша барлығы сегіз көтерме көмір жеткізуші, 50 тұйық және 27 қойма бар екенін айта кеткен жөн.

Баяндамашының сөзінен кейін Лаззат Махатұлы тұрғындарды көмірмен қамтамасыз етуді бақылауда ұстауды, сондай-ақ, көмір мен жеткізу бағасының өсуіне жол бермеу қажеттілігін тапсырды.

– Өздеріңізге жаздан бері қатты отынмен қамтамасыз етуге байланысты жағдайды бақылауда ұстау керектігін тапсырып келемін. Әсіресе, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың қатты отынмен қамтамасыз етілуін назардан шығармаған жөн. Аудан, қала әкімдіктері, жоғарыдағы санаттағы отбасылардың тізімін жасап және олардың көмір сатып алуына көмектесіңіздер, – деп тапсырды облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Кеңес барысында Лаззат Тұрлашов көмір тапшылығы және ұзын сонар кезек туралы әлеуметтік желіде таралған Қаратал ауданындағы жағдайды да талқылады. Жақында әлеуметтік желіде Үштөбе қаласының тұйығында көмір алуға келген көлік тізбегінен кезек пайда болғаны туралы бейнебаян таралған болатын. Видеода тұрғындар қатты отынның жетіспейтіндігіне шағымданған.

Өз кезегінде Лаззат Махатұлы Қаратал ауданының әкімі Ерлан Исабековтен:

– Неліктен сіз басқарған ауданда осындай мәселе туындады? – деп сұрады.

Аудан әкімі тұрғындарды көмірмен қамтамасыз ету мәселесі әкімдіктің қатаң бақылауында екенін айта келіп:

– Апта сайын Үштөбеге 12-14 вагон жеткізіледі, бұл шамамен бір мың тонна көмір. Жазда көмірді уақытылы сатып алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан ауданның кейбір тұрғындары күн суытып, қысыла бастағанда қатты отын сатып алуға тырысуда. Сондықтан, кезек пайда болды деп ойлаймын, – деді.

Жалпы, Қаратал ауданының тұрғындарына жылыту маусымынан қысылмай шығу үшін 40 мың тонна қатты отын керек. Бүгінгі күні оның 28,6 мың тоннасы немесе 71,5%-ы жеткізіліп, сатылған. Аудан орталығында "Гортоп" ЖК (Шұбаркөл), "Идигов" және "Томирис" ЖК-лар (Семей) көмір сатумен айналысады. Көмірдің нарықтық бағасы бойынша Семей көмірі 14200 теңге, Шұбаркөл 14400 теңгеден сатылуда. Ал Үштөбе бойынша жеткізу құны қашықтықтың жақындалыстығына байланысты 5-8 мың теңгені құрайды.

Күз тұрғындардың қатты отынды қамтамасыз етіп алатын уақыты. Міне, бір-екі аптада қоңыр күз де бітіп, қыс мезгіліне ауысамыз. Кеңеске қатысқан аудан-қала әкімдері осы аралықта барлық күшті жұмылдырып, тұрғындарды мазалаған сұрақтарды шешеміз деп уәде берді.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ



СҮТ ЗАУЫТЫНЫҢ ТАБЫСТЫ КЕЗЕҢІ

Моноқалада бірнеше жылдан бері сүт өндірісімен айналысып, халықты табиғи өнімдермен қамтамасыз етіп отырған Текелі сүт зауытының 60 жылдық тарихы бар. Кәсіпорында «Текелі» брендімен сүт тағамдарының 23 түрі шығарылады, соның ішінде сүт, айран, май, қаймақ, сүзбе және басқа да түрлері бар. Алдағы уақытта балмұздақ пен ірімшік шығару жоспарланып отыр.

Текелі сүт зауытының тарихы сонау 1953 жылдан басталады. Алғашында сүт жинайтын сауда нүктесі ретінде құрылып, 1987 жылы оған жеке кәсіп мәртебесі берілді. Ал қазіргі «Текелі сүт зауыты» деген атау көпке кеңінен таныс. Ұжымның тынымсыз еңбегінің және басшылықтың ұйымдастыру шеберлігінің арқасында 1990 жылдардағы күрделі кезеңде кәсіпорын жұмысы ақсаған жоқ. Ал тәуелсіздік жылдары зауыт қайта түлеп, жұмысы жаңаша қарқын алды.

Сүт зауыты облыс әкімдігінің қолдауымен «Даму-өндіріс» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несиеге ие болып, толықтай қайта жаңғыртылды. Заманауи технологиялармен жабдықталды. Бұдан соң зауыт тауарына деген сұраныс артып, кәсіпорын бүгінгі нарық талабына сай дами түсті.

Текелі сүт зауытының өндіріс жөніндегі директоры Валентина Кубрак:

– Алғаш зауытқа 1990 жылы өндіріс шебері ретінде қабылдандым. Бұл – еңбек жолымды алғаш бастаған жерім. Содан бері 30 жыл бойы осы зауыттың қабырғасында еңбек етіп келемін. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекет қолдауының арқасында зауыт шығаратын өнімінің көлемі едәуір артып, өндіріс іргесі кеңейді. Бүгінгі күні тәулігіне 10 тоннадан 20 тоннаға дейін өнім шығарамыз. Зауытта тәжірибелі мамандар жеткілікті. Олардың алды кемінде 20 жылдан бері осында еңбек етіп жүр. Бұл ретте 45 қызметкердің 30 пайызын жастар құрап отыр. Олардың әлеуметтік жағдайына да көңіл бөліп, қолдап отырамыз. Кәсіпорын есебінен бір мезгілыстық тамақ және тегін жол жүру билеті беріледі, – дейді.

Директордың айтуынша, шикізат қала маңындағы шаруа қожалықтарынан, жеке аулалардан жиналады. Зауытта сүттің сапасын тексеретін арнайы зертхана бар. Тек зертханалық тексеру қорытындысы шыққаннан кейін ғана сүт өндірісте қолданылады. Мәселен, зауыт облыстың ірі шаруашылықтарының бірі «Хильниченко және К» шаруа қожалығымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Сүт зауытқа жеткізіліп, тиісті зерттеу жүргізілгеннен кейін сепаратордан өткізіледі. Соның арқасында сүт табиғилығын сақтайды. Мұнан кейінгі өнімнің стандартты майлылығына қол жеткізу үшін қалыптандыру, сүттің ұйып қалмауы үшін гомогенизация, сүттің максималды қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пастерлеу процестері жүргізіледі. Бұдан әрі дайын өнім қапталып, маркасы қойылып, сауда нүктелеріне жөнелтіледі.

«Текелі сүт зауыты» өнімінің басты ерекшелігі – оның ешқандай қоспасыз, өнімінің табиғи қалпын сақтауында. Сондықтан сүтте табиғи дәрумендер сақталатындықтан өнімді сақтау мерзімі шектеулі. Мәселен, зауыттың сүт өнімдері 5 күн, ал айраны 7 күн ғана сақталады.

– 1953 жылдан бастап таза мемлекеттік тапсырысқа жұмыс істедік. Біздің сүтімізді балабақша, мектеп пен ауруханалар пайдаланды. Өйткені, өнімімізді таза табиғи сүттен дайындадық. Және әлі күнге сондай сапаны ұстанып келеміз, – деді кәсіпорын директоры.

Зауыт өнімдерін тұрақты тұтынатындар қатарында, жеке сатып алушыларды айтпағанда, «Шапағат» арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, «Текелі» санаториі, кондитерлік цехтар, ірі сауда дүкендерінің желісі де бар. Талдықорған, Алматы қалаларында да сұраныс жоғары.

Өткен жылы Текелі сүт зауыты ребрендинг жасап, өзінің барлық өнімінің сыртқы қаптауын толықтай өзгертті. Соның арқасында өнім қаптамасы бұрынғыдан гөрі айқын, танымал, қолайлы бола түскен. Қазір сүт зауыты тауарларын интернет желісі арқылы кеңінен жарнамалай бастады. Өткен жылы «Инстаграм» желісінде ашылған Tekelikz парақшасының бүгінде жазылушылар қатары 4 мыңнан асты. www.tekeligmz.kz сайты да жұмыс істейді.

Кәсіпорын індет жағдайында зауыт жұмысын тоқтатқан жоқ. Қайта отандық тауарға деген сұраныс екі есеге артып, өнім шығару көлемі де ұлғайды. Кәсіпорын қызметкерлерінің бәрі коронавирусқа қарсы вакцина алды.

Келесі жылдан бастап зауыт балмұздақ пен ірімшік шығаруды бастамақ. Сонымен қатар, жаңа технологияның көмегімен өндіріс көлемін тағы да ұлғайта түсіп, нарықтағы позицияларын нығайтып, тауардың жаңа түрлерін меңгеруге көшпек.

Атап өтсек, кәсіпорын «Алтын сапа» байқауының жүлдегері, көптеген марапатқа ие болған.

– Биыл тәуелсіздікке 30 жыл толып отыр. Бұл кәсіпорнымыз үшін екі есе қуаныш. Осы жылдар ішінде Текелі қаласы да өсіп-өркендеп, жаңа арнаға бағыт алды. Кәсіпорындар көбейіп, жаңа үй, әлеуметтік нысандар салынды. Мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде, қызметкерлердің күнделікті тынымсыз еңбегінің арқасында біздің зауыттың да іргесі кеңейіп, жаңа мүмкіндіктерге талпынуда. Сапалы өнім шығарып, жас мамандарды оқытып, үйретіп, жаңа жұмыс орындарын құрдық. Біз отандық өндірісті дамытуға үлес қосып жүргенімізге қуаныштымыз. Осы 30 жылда мен қарапайым маманнан директорға дейінгі қызметтік баспалдақтың бәрінен өттім, кәсібімді терең меңгеруге мүмкіндік алдым, өз-өзімді дамыттым, сөйтіп табысқа жеттім. Осындай даму жолдарының бәрі біздің береке-бірлігіміздің, бір-бірімізді қолдаудың, мемлекеттің мүмкіндік бергенінің арқасы деп білемін, – деді Валентина Кубрак.

Күнделікті таңғы сағат 5-те сүт зауытының өнімдері көлікке тиеледі, таңғы асқа жеткізіп үлгеру үшін сағат 6-да тиісті нүктелерге, дүкендерге таратылады. Бұл зауыттың бірнеше жылдан бері үзілмей келе жатқан дәстүрі.

Атап өтсек, Текелі қаласы әкімдігінің мәліметі бойынша, биылғы 9 айда Текелі қаласында құны 307,2 млн. теңге болатын 1100 тоннадан астам сүт, қаймақ, сары май, сүзбе және басқа да сүт тағамы өндіріліпті.

Ал облыс бойынша қазіргі кезде 74,1 мың басқа арналған 116 мал бордақылау алаңы, 26,1 мың басқа лайықталған 84 тауарлы сүт фермасы жұмыс істейді. Соның есебінен ет өңдеу кәсіпорындарының жүктемесі 72, сүт зауытының жүктемесі 85 пайызға жетті.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ӘРІПТЕСТІК



МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің делегациясы Ескелді ауданына келіп, мектеп оқушыларымен кездесті. Алдымен аудандық әкімдіктің мәжіліс залында ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылып, жиынға қатысқан мектеп директорларына үздік оқу орнының артықшылықтары айтылды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Аудан әкімі Рустам Әли делегацияны бастап келген Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Бақыт Жәутіковке алғысын жеткізіп, жұмыстарына сәттілік тіледі.

– Қазіргі таңда техникалық мамандықтарға сұраныс көп. Біздің ауданда аты әлемге әйгілі ғалым, Екпінді ауылының тумасы, химия ғылымының докторы Еділ Ерғожин өмірге келген. Сондықтан, осы өңірде техника ғылымы дамуы тиіс. Жастардың қызығушылығы басым, сол себепті олар еліміздің үздік оқу орнында білім алсын деген ниетпен университет ректорына ұсыныс айтып едік, ол кісі қуана-қуана қолдады, – деген Рустам Әлиұлы бұл кездесу түлектер үшін таптырмас мүмкіндік екенін айтты.

Келесі кезекте сөз алған Бақыт Ахатұлы университет осы уақытқа дейін облыс әкімдіктерімен қарым-қатынаста болып келгенін, аудандармен ең алғашқы байланыс Ескелді өңірінен басталғандығын баяндай келе:

– Қазақстандағы ең көне және алдыңғы қатарлы техникалық университет сексен жылдан астам тарихы бар әйгілі жоғары оқу орны. Ол Қазақстандағы техникалық білім беру ісінің көшбасшысы болып табылады. Қазір университет дүние жүзі бойынша 25 елдің жетекші 174 жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық қарым-қатынас жасайды. Халықаралық және ұлттық рейтингтерде алдыңғы қатарда, – деді.

Студенттерге жасалып жатқан әлеуметтік жағдай, олардың қарым-қабілеттерін жетілдіру үшін атқарылып жатқан ауқымды жобалар жайлы университеттің әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры Мансұр Әлімханов толыққанды айтып берді. Әрмен қарай ауданға арнайы келген делегация Қарабұлақ, Жетісу және Сырымбет ауылдарының мектеп оқушыларымен кездесті. Сонымен қатар, «Хильниченко және К» сериктестігінің және бөдене өсіру зауытының жұмысымен танысты.

КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

БЕРЕРІ МОЛ БАҒДАРЛАМА

Айгүл Өкенова жетекшілік ететін "Baby Day" қоғамдық бірлестігінің «Рухы мықты» атты жобасы үш жыл бойы талай қамкөңіл жанның арманын жүзеге асырып, жүрегіне сенім ұялатып келеді.

Аталған жоба мүмкіндігі шектеулі жандардың арман-тілегін ескеріп, оны қоғамға паш етуді мақсат етеді. Сол бағытта түрлі тақырыпта бағдарлама түсіріліп, олардың арманын, үмітін, табандылығын, жетістігін насихаттап, он екі мүшесі сау адамдар сияқты қоғамға өзіндік үлес қоса алатындығын ұғындырып, шабыт беруде.

Аталған бағдарлама екі аптада бір рет, сенбі күні кешкі 20.20-да «Жетісу» телеарнасының эфирінен көрсетіледі. Айта кетерлігі, «Рухы мықты» (Сильные духом) түсірілімінің журналисі, жүргізушісі де мүмкіндігі шектеулі жандар. Олар 2019 жылдың 1 шілдесінен бүгінге дейін сан түрлі тақырыпта 38 бағдарлама түсіріп, көрермен назарына ұсынды. Осы арқылы өздерінің өміршең талпынысын көпшілік алдында дәлелдеді.

Бағдарламаның негізгі продюсері, "Baby Day" қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Айгүл Абайқызы, ал операторы Дмитрий Дрюков. Аталған бағдарламаның алғашқы түсірілім жұмысын жүргізіп, эфирде көрсету, журналистер мен жүргізушілерге бағыт-бағдар беріп, оларды үнемі шабыттандыруда Сергей Юдин мен Огай Стелла және «Жетісу» телеарнасының тележүргізушілері Антон Хатеновский мен Радима Боранбаева көп қолдау танытты. Қазір олардың тәрбиесінен өткен қыздар мен жігіттер бағдарламаны өздері дайындауға әбден машықтанып алды. Бүгінде бағдарламаның сценарийін жазып, түсірілім жұмысына тікелей араласатын жас журналист, жүргізушілер Алмагүл Чубинская II топтағы, Сергей Миньков I топтағы мүгедек.

"Baby Day" қоғамдық бірлестігі «Рухы мықты» атты телевизиялық жобаны жүргізумен қатар мүмкіндігі шектеулі талай жанның мүмкін болмайтын арманын орындауға да барынша назар аударды. Олардың кезекті түсірілім барысындағы кейіпкері I топтағы мүгедек жас Нұрсұлтан Нұрмұхаметов әскерге баруды қатты армандап жүргенін жеткізеді. Мұндай жандардың әскери борышын өтеуі заңда қарастырылмаған. Десе де, бірлестік жетекшісі мен түсірілім тобы әскери бөлім басшылығымен сөйлесіп, Нұрсұлтанды Талдықорған қаласындағы 18404 әскери бөлімде екі сағат экскурсия жасатып, әскерилермен қатар сапқа тұрғызып, әскери киім кигізіп, өмірлік арманын орындауға мұрындық болды. Мұндай жағдай елімізде бірінші рет болып отыр. Айта берсек, мүмкіндігі шектеулі жандардың талай арманы өз деңгейінде орындалды.

Қ. ОМАРАҚЫН

ӘРЛЕУ

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Райымбек ауданы бойынша тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылығы, мелиоративтік және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу мемлекеттік қызмет саналады және оларға төмендегілер бойынша қызмет көрсетіледі.

Райымбек ауданының «Ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызмет ұсыну тәсілдері, қол жеткізу арналары, мемлекеттік қызмет көрсету үшін жеке және заңды тұлғалардың өтінімі бойынша бірқатар қызмет көрсетеді. Мәселен, олар көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесі, www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Өтініш тіркелген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету машинаның тұрған жері бойынша он жұмыс күні, ал машинаны тіркеу пунктіне әкелген кезде екі жұмыс күні ішінде іске асады. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны қағаз және электронды түрде жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – инженер-инспектордың қолы және көрсетілетін қызмет берушінің мөртабанымен расталған тіркеу құжатына (техникалық паспортқа) «Ақауы бар» немесе «Ақаусыз» деген жазба енгізеді. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс кестесі бойынша демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен 9.00-ден 18.30-ға дейін қызмет көрсетіледі. Өтініш қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін беріледі. Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезекпен жүзеге асады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі, мәселен, көрсетілетін қызмет берушіге жүгінген кезде нысан бойынша өтініш және тіркеу құжаты керек. Ал портал арқылы жүгінген кезде электронды құжат нысанындағы өтініш және тіркеу құжатының электронды көшірмесі қажет.

Көрсетілетін қызмет алушы қажетті құжаттарды қызмет берушіге тапсырған кезде қағаз жеткізгіштегі өтінішті қабылданған құжаттар топтамасының қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, оның көшірмесіне қойылған белгі растайды. Ал портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызмет алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫНЫҢ «АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

«Nur Otan» партиясы Талдықорған қалалық филиалында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналып салтанатты жиын өтті. Онда экология, геология және табиғи ресурстар саласының қызметкерлері марапатталды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Құттықтау сөз алған «Қазсушар» РМК Алматы филиалының директоры Саят Құдайбергенов: «Барлықтарыңызды мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін – ұлық күн. Тәуелсіздік оңайлықпен келмеді. Жастар 1986 жылы жаппай алаңға шығып, елдігімізді көрсетті. Азаттыққа солардың арқасында қол жеткіздік. Қайрат, Ербол, Ләззат сынды ержүрек ұл-қыздарымызды ұмытпауымыз керек», – деп өзі басшылық ететін мекемеде 800-дей қызметкер бар екенін айтты.

Мерекелік жиынға пандемияға байланысты саралап, еңбегімен елеңгендер ғана шақырылды. Салтанатты шарада елі мен жері үшін аянбай еңбек еткен қызметкерлер ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің Құрмет грамотасын, министрліктің Су ресурстары комитеті төрағасының Алғыс хатын иеленді. Сонымен қатар бірқатар азамат «Ерен еңбегі үшін» медалі, I, II дәрежелі Еңбек даңқы төсбелгісімен марапатталды. Бұдан бөлек «Қазсушар» РМК Алматы филиалының директоры мен Талдықорған қаласы әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаты табысталды.



60 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Тәуелсіздік күнінде Талдықорған қаласының "Болашақ" шағынауданында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша бой көтерген 60 пәтерлі тұрғын үй кілті табысталды. Алпыс отбасын қуанышқа бөлеп, одан да көп жүректі елжіреткен қоныстойға Талдықорған қаласының әкімі Ержан ЖАСЫБАЕВ қатысты.

Қажет АНДАС

Пәтер алғандардың қатарында ішкі істер органдары мен бюджеттік мекеме қызметкерлері, көпбалалы аналар мен толық емес отбасы мүшелері бар. Салтанатты шарада қала басшысы алдымен Тәуелсіздіктің отыз жылындағы өрелі жетістіктерге тоқталды.

– Тәуелсіздік жылдары қаланың экономикалық-әлеуметтік жағдайы еселеп өсті. 1991 жылдары қаланың бюджеті 144 млн. теңге болса, бүгінде 88 млрд. теңгеге, инвестиция көлемі 38 млн. теңге болса, бүгінде 43 млрд. теңгеге жетті. Мұның дені бюджеттен тыс табыстардан келген қаражат. Барлық салада үлкен өзгерістер орын алды. Ауылшаруашылығы, мәдениет, спорт, білім, денсаулық, тағы да басқа салада үлкен жетістіктерге жеттік. Бүгінде Талдықорған адам танымастай өзгерді. Құрылыс саласы дамып, әлеуметтің әлеуеті өсті. Түрлі саладағы жетістіктер жұртты ризашылыққа бөледі. Қатар-қатар бой көтерген жаңа тұрғын үйлер қаланың сәнін ашса, жаңадан салынған театр, Салтанат сарайы, көпсалалы аурухана, теннис орталығы, Достық үй, «Жастар» спорт сарайы, «Жастар» саябағы, Жастарға қызмет көрсету орталығы, Студенттер үйі, Оқушылар сарайы, еңселі «Koktem Grand» қонақүйі, тағы да басқа әлеуметтік нысандар көз қуантады. Ал Талдықорған қаласында республикада бірінші болып бой көтерген Тіл сарайы мемлекеттік тілге деген жетісулықтардың құрметін білдірсе, биыл қолданысқа берілген Орталық Азияда баламасы жоқ жүзу бассейні қалалықтардың спортпен айналысуына үлкен мүмкіндік ашты. Бір сөзбен айтқанда, Талдықорған жастар үшін бар жағдай жасалған ертегі қалаға айналды, – деді қала әкімі.

Осыдан кейін жаңа пәтер иелері, мердігер компания өкілдері қуанышқа ортақтасып, бір-біріне жылы лебіздерін білдірді.

Жанарларында қуаныш нұры ойнаған тұрғындарды көріп біз де жадырап қалдық. Бұл қуаныш қала әкімімен бірге үйлерді аралап, құтты болсын айтқан тұста еселене түсті. Алпыс пәтердің бәрі де бүгінгі өлшем, талап, сапа негізінде салынған. Құрылыс жұмысының жоғары деңгейде жүргізілгені көрініп тұр. Қала әкімінің айтуынша, алдағы күндерде де тұрғындарды қуанышқа бөлейтін тағы да бірқатар қоныстой болмақ. Бұл қуаныш келесі жылы да еселене түседі.



Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Кеген ауданындағы Жылысай ауылында «Балдырған» бөбекжай бақшасы есігін ашты. Мемлекетіміздің «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдағы 140 орынды балабақшасының ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Заманға лайық 90 балаға арналған жылы да жайлы бөбекжайға айналды. Күрделі құрылыс жұмыстарын «Энерго Строй Проект» ЖШС-нің мамандары мен құрылысшылары жүргізді.

"БАЛДЫРҒАН" бөбекжайы

Қанат БІРЖАНСАЛ

Бөбекжайдың салтанатты ашылуында Кеген ауданының әкімі Талғат Байеділов ауыл тұрғындарын, ата-аналарды қуанышымен құттықтады. «Осынау заманауи балабақшаның іші балапандарға толсын! Құшағынан Тәуелсіз еліміздің тірегі болар, әлемдік бәсекелерде Көк байрағымызды желбіретер, қоғам дамуына айтулы үлесін қосар азаматтар көптепшықсын!» деген ыстық ниетін жеткізіп, аудан әкімдігінің атынан қажетті құрал-жабдықтарды сыйға тартты. Аудандық аналар кеңесінің төрайымы Бақытгүл Көнеева, ардагер ұстаз, ҚР Білім беру ісінің үздігі Жаңылша Тергеуісова сөз алып, тұрғындар қуанышына ортақ екенін айтты. Ауылдағы ақсақалдар алқасының төрағасы Болат Таубалдиев осынау балабақшаның күрделі жөндеуден өткізілуіне негіз қалаған аудан басшыларына, азаматтарына алғысын білдіріп, ақ батасын берді.

Бастауыш сыныптың ұлағатты ұстазы Гүлнар Батабекова басқаратын бөбекжайда 90 бала мектепалды тәрбие алатын болады. Жылы да жайлы, заманға лайық бөбекжай көп көңілінен шықты. Балапандар қуанышы ұзағынан сүйіндірсін!

Кеген ауданы



БАЛАЛАРҒА арналған БӨЛІМШЕ

Үштөбе қаласында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Қаратал» күндізгі болу орталығы мекемесінің жанынан оңалту бөлімшесі ашылды.

Айдар ҚАЛИЕВ

Шараның ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі Ерлан Исабеков:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында мүмкіндігі шектеулі балаларға көңіл бөліп, оңалту орталығын ашу керектігін басты назарға алды. Ауданда мүмкіндігі шектеулі 188 бала бар. Оның 48 пайызы оңалту орталығында. 50 бала күндізгі, 40 бала тәулік бойғы бөлімінде. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ашылған бөлімше болашақта талай мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайтатынына сеніміміз мол, – деді.

Өз кезегінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Маржан Мұрат, аудандық ардагерлер алқасының төрағасы Рахымғали Өтегенов ізгі тілектерін білдіріп, оңалту бөлімшесінің лентасын қиды.

Осыдан кейін мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Қаратал» күндізгі болу орталығының директоры Ирина Байгазакова қонақтарды оңалту орталығымен таныстырып, атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Айта кетейік, 40 балаға арналған оңалту бөлімшесін ашу үшін бюджеттен 123 млн. теңге қаржы бөлініпті. Мекеме «Корвид», «Аника», «Поток-1» сияқты мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын жақсартатын заманауи құралдармен жабдықталған.

Жиын соңы бүлдіршіндер мен мекеме қызметкерлерінің концертімен жалғасты.

Қаратал ауданы



ОҢАЛТУ орталығы АШЫЛДЫ

Қапшағай қаласында ересектерге арналған 50 орынды оңалту орталығы ашылды. Ғимарат лентасын облыс әкімінің орынбасары Батыржан БАЙЖҰМАНОВ, қала әкімі Нұрлан ҚҰМАТАЕВ және «Қапшағай Самға» мүгедектер бірлестігінің басшысы Марат АБДУЛЛАЕВТАР қиып, жиналған көпшілікті Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен құттықтады. Оңалту орталығы жарымжан жандардың еміне шипа болып, олардың тезірек аяғынан тұрып кетуіне септігін тигізетін құтты орынға айналуын тіледі.

Болат МӘЖИТ

– Облыста әлеуметтік-медициналық қызметтің қолжетімді әрі сапалы болуына бар жағдай жасалып жатыр. Ғимараттар жаңғыртылып, материалдық-техникалық база нығаю үстінде. Мәселен, ағымдағы жылы 9 медициналық-әлеуметтік мекеменің аумағы абаттандырылды. Воркаут алаңдары орнатылды. Заманауи оңалту құралдары сатып алынды. Осы жұмыстарға бюджеттен 460 миллион теңге бөлінді. Әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету ісі ары қарай жалғаса береді, – деді Батыржан Байжұманов.

Бұдан кейін жиналған көпшілік ғимарат ішін аралап көрді. Аталған орталық Қапшағай арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мекемесіне қарайды. Мұнда тірек-қимыл аппаратының функционалдық мүмкіндіктерін қалпына келтіретін жаттығу құралдары, зертхана орталығы, фито бөшке, массаж, физиотерапия және тағы басқа сауықтыру бөлмелері қарастырылған.

– 50 орынға арналған оңалту орталығына келушілер бір айға жуық осында ем-дом алады. Орталықта кардиолог, невролог, травматолог сынды дәрігерлер мен кіші медицина қызметкерлерін қоса санағанда 21 маман бар, – дейді Қапшағай арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Нұрғали Бекенұлы.

Қазіргі таңда Қапшағайда 1453 мүмкіндігі шектеулі жан тіркеуде тұр. Алдағы уақытта оңалту орталығын кеңейту жұмыстары қолға алынбақ. Соның арқасында жылына мың адамға қызмет көрсету жоспарланып отыр. Ең бастысы, еміне дауа іздеп келген науқастар осы жерден құлантаза айығып шықса екен. Жиналғандардың тілегі де осы болды.

Қапшағай қаласы



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын қарасайлықтар толайым табыстармен қарсы алды. Ұлық мереке қарсаңында аудан әкімі Жандарбек ДАЛАБАЕВ тұрғындарға тарту ретінде жаңа әкімдік ғимараты мен дене шынықтыру-сауықтыру орталығын ашып, 30 отбасына жаңа пәтердің кілтін табыс етті.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Бұл күнгі алғашқы салтанатты жиын Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атындағы «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының жанынан биіктігі 30 метр болатын тутұғырдың (флагшток) ашылуымен басталды. 0,25 гектар жерді алып жатқан, көлемі 100 шаршы метр болатын бұл құрылыс қараша айында басталып, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында толықтай аяқталғанын айта кету керек.

Мемлекеттік Туды көтеру салтанатында аудан әкімі Жандарбек Ермекұлы жұртшылықты халқымыз үшін аса қадірлі Тәуелсіздік күнімен құттықтап, ел еркіндігінің көрінісі – Көк Туды биікте ұстау болашақ жастарға аманат екенін айта келіп: "Біз үшін Мемлекеттік рәміздер ұлттық татулықтың кепілі. Дана халқымыз: "Туған жерге туыңды тік!" дейді. Қасиетті Қарасай жеріне Ту тігу біз үшін асқан абырой, зор мәртебе. Тудың желбіregені – еліміздің дарқандығы, биіктігі – мәртебесінің асқақтауы деп білеміз. Ендеше туымыз тұғырлы, тәуелсіздігіміз ұмырлы болсын!" – деген сөздермен ойын тұжырымдады.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Алматы облысының Құрметті азаматы Едіген Исатұлы 30 жылдың ішінде тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы Елбасының еңбегін айта келіп, жұртшылықты мерекемен құттықтады.

Ту көтеру рәсімін атқару құрметі Жандарбек Ермекұлы, Едіген Исатұлы және Олимпиаданың күміс жүлдегері, еңбек сіңірген спорт шебері Нұрбақыт Теңізбаевтқа бұйырды. Көк Туымыз көкте желбіregеннен кейін Шамалған ауылының қадірменді қариясы Мырзабек ақсақал халқымыздың дәстүрі бойынша ақ батасын берді.

Осыдан кейін Жандосов ауылында «Проект Айда» ЖШС-інің жобалауы бойынша «Компания Бауыр Құрылыс» ЖШС атқарып шыққан сервистік әкімдіктің ашылу салтанаты өтті. Аталған ауылдық округтің әкімдік ғимараты соңғы жылдары апатты жағдайда болған еді. Осы себепті құрылысшылар алдымен ескі ғимаратты сыпырып тастап, орнына балалар ойнайтын алаң мен автокөлік тұрағы бар жаңа да зәулім кеңсе тұрғызды. Енді ауыл тұрғындарына көрсетілер мемлекеттік қызметтің сапасы да, саны да арта түседі деген сенім бар.

Әйтей селолық округінің аумағында орналасқан «Өміруақ» тұрғын үй кешенінде «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынған үйлер ел игілігіне берілді. Осы күні Жандарбек Ермекұлы көпбалалы 30 отбасына жаңа пәтердің кілтін табыс етті. Қуаныш иелерін құттықтай келе аудан әкімі бұл жерде жылдың соңына дейін тағы 50 отбасы қоныстойын тойлайтынын, ал 2022 жылы жалдамалы және кредиттік негізде 520 пәтер пайдалануға берілетінін жеткізді. Тұрғындар санының артуына байланысты болашақта осы жерде орта мектеп салынатыны да жиналған жұртшылықты қуантып тастады.

Әйтейліктерге бұл күні аспаннан құт жауғандай болды. Себебі, дәл осы күні ауылда «Samruk Kazyna» қорының қолдауымен көпсалалы спорт кешені де пайдалануға берілді. Ауыл жұртшылығын осынау айтулы қуанышымен аудан әкімі Жандарбек Далабаев, облыстық спорт және туризм басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев және «Samruk Kazyna» қорының өкілі Серғожа Қалиасқаров құттықтады. Ал, ауыл ақсақалы Болат Жүнісов ауыл жұртшылығы атынан болашақ жастардың салауатты да мықты болып өсуіне ықпал ететін спорт кешенін салып берген азаматтарға алғысын білдірді. Кешеннің ішін аралап көргеннен кейін Жандарбек Ермекұлы жас футболшыларға өз қолтаңбасы бар допты, боксшыларға қолғап, палуандарға форма, ал теннисшілерге ракеткалар мен допта рды сыйға тартты.


Аумағы 34 сотық жерді алып жатқан жаңа спорт кешені ескі мектептің жанында орналасқан. Мұнда спорт ойындарына арналған зал, күресуге арналған кілем, боксшылардың рингі, теннис үстелі, киім ауыстыратын бөлме, жаттықтырушылардың кабинеті, жуынатын бөлмелер толықтай жабдықталған. Ғимараттың көлемі 1732,7 шаршы метрді құрайды. Үстіміздегі жылдың сәуір айында басталып, қарашада толықтай аяқталған кешенде бүгіндері 10 адам еңбек етуде. Ал болашақта жаттығатын балалар мен еңбек ететін жаттықтырушылар саны арта түседі деуге негіз бар.

Соңынан журналистерге берген сұхбатында Жандарбек Ермекұлы ауданда әлеуметтік маңызды мәселелер мен тұрмысқа қажетті құрылыстарды жүргізуге баса көңіл бөлініп келе жатқанын айтқан. Осыған орай «Жол картасы» бағдарламасы жасалынып, әр елді мекендегі халық сұранымы ескерілген. Болашақта Әйтей ауылындағы спорт кешенінің жанынан Мәдениет үйін тұрғызу да жоспарда бар екен. Ал, осының бәрін жүзеге асыру үшін ең алдымен аудан экономикасын көтеру қажет екені айтпаса да түсінікті. Міне, сонда ғана әлеуметтік мәселелерді шешуге мол мүмкіндік ашылмақ.

Қарасай ауданы

▲КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!

ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫ



«Ер басына күн туса етігімен су кешер, ат басына күн туса ауыздықпен су ішер» дегендей, тәуелсіз елімізге қауіп төніп, теңіздей толқуды бастан өткердік. Неше күнге ұласқан дүрбелеңде көп адам қайтыс болып, дүние-мүлік қирап, қазақ елінің қабырғасын қайыстырды. Осы сын сағаттан береке-бірлігімізбен, бір-бірімізге сеніп, арқа сүйегеннің арқасында шықтық. Президентіміз Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ дер кезінде қабылдаған шешімдерінің нәтижесінде егемендігімізді сақтап қалдық. Жаппай тәртіпсіздікпен күрес кезінде құқық қорғау органдарының қызметкерлері жанқиярлық танытып, ел тыныштығын күзетуде жан аямай қызмет етті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Мәжіліс отырысында Үкімет басшысы Әлихан Смайыловты депутаттарға таныстырып, елде орын алған жағдайларға байланысты тапсырмалар берді. Ел алдында «Қасіретті қаңтар» сабағы: қоғам тұтастығы – Тәуелсіздік кепілі» атты мәлімдемесін жасады. Алдыға қойылған жоспар мен атқарылуға тиіс шараларды шегелеп айтты. Азық-түлік, жанар-жағармай бағасын реттеуді тапсырды. Мәжіліс отырысында Мемлекет басшысының көтерген бастамасына сәйкес "Қазақстан халқына" қоры құрылды. Қорға жиналған қаржы халықтың денсаулығы, білім мен әлеуметтік жағдайды жақсартуға жұмсалады.

«Баса назар аударуды қажет ететін тағы бір мәселе бар. Көптеген жас азаматымыз Қарулы Күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия. Бұл – Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек. Біз – мықты халықпыз.

Төл тарихымызда талай жаугершілік заманды, ашаршылықты және басқа да алапат қиындықты бастан өткердік, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Осы ретте жастарымыздың бойындағы патриоттық сезімді арттырып, азаматтардың отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз. Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеуге әрбір азамат міндетті. Себебі, туған жерді, елді, атамекенді қорғау – қасиетті борыш. Бұл дегеніміз – батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны. Қай дәуірде болсын, Отан қорғау әрбір қазақтың қасиетті борышы. Өзін ер-азаматпын деп санайтын, кеудесінде ар-намысы, бойында жігері, жүрегінде оты бар әрбір жан үшін ең басты парыз.

Еліміздің игілігіне негізделген кез келген бастама мемлекеттің болашағы үшін аса маңызды. «Бірлік болмай – тірлік болмайды» деп бекер айтылмаса керек. Атабабамыздың арман-аңсары болған Тәуелсіздігімізге сызат түсіріп алмауымыз керек. Жұмыла көтерген жүк жеңіл! Енді мұндай келеңсіздік болмасын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Біздің күшіміз бірлікте!

Аманкелді АЙТБАЕВ,
аудандық ардагерлер қоғамдық кеңесінің төрағасы

▲БРИФИНГ

"Jetisý media" ақпарат алаңында аймақтағы азық-түлік қауіпсіздігі және азық-түлікпен қамтамасыз ету жайында брифинг өтті. Онда ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Коюмчан ОМАРОВ, облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының сауданы дамыту және баға мониторингі бөлімінің басшысы Айгүл ИДРИСОВА, «Жетісу «ӘКК» ӨДИ» АҚ мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру департаментінің директоры Бахтияр СЕМБЕКОВ бүгінгі таңдағы азық-түлік қоры мен бағаны тұрақтандыру бағытында атқарылған шараларды түсіндіріп берді.

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА



Қажет АНДАС

Олардың айтуынша, облыста күнделікті қажетті азық-түлік бойынша 2-3 айға, ал кейбір тауарлар бойынша 6-8 айға жететін азық-түлік қоры бар. Ал әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру Үкімет және облыстық әкімдік тарапынан тұрақты бақылауға алынған. Бұл мақсатта бірқатар жұмыс атқарылуда. Бүгінгі таңда осы мақсатта бюджеттен 5,7 млрд. теңге, оның ішінде тұрақтандыру қорына тауарлар сатып алуға 1,1 млрд. теңге және жеңілдікпен несиелендіруге 4,6 млрд. теңге бөлінген.

Ағымдағы күнге тұрақтандыру қорында 385млн. теңге сомасына 1 330 тонна көлемінде қор бар, оның ішінде ұн, күнбағыс майы, қант, күріш, кеспе сияқты тауарлар жеткілікті. Қосымша 800 тонна әлеуметтік маңызды азық-түлік сатып алынатын болады. Тұрақтандыру қорының өнімі «Тоймарт» желісінде «әлеуметтік маңызды өнім» деген арнайы жазумен, "Жерұйық" коммуналдық базарында аптасына үш рет және қаланың екі шағын маркетінде, сондай-ақ, ауылшаруашылығы жәрмеңкелерінде сатылады. Мекенжайлар бойынша ақпарат корпорация сайтында және әлеуметтік желілерде бар.

Қазіргі уақытта жеке инвестициялар есебінен шамамен 10 нүктеден тұратын сауда павильоны желісін салу бойынша жоба әзірленуде. Құрылысқа арналған жер учаскелері мемлекеттік органдармен келісу рәсімінен өтуде. Алдағы уақытта аталмыш сауда нүктелерін барлық ауданда ашу жоспарланған.

Бағаны тұрақтандыру бойынша бөлінген қаражаттың 3 млрд. теңгесі игерілген. 20 субъектіге, оның ішінде Ақсу қант зауыты, "Когер" және "Сарыбұлақ" құс фабрикасы, "Ләззат-2016" сүт зауыты, "Сардар" нан комбинаты және 8 сауда субъектісіне, оның ішінде «Тоймарт» желісі сияқты 12 ірі тауар өндірушілерге жылдық 0,01%-бен жеңілдетілген несие берілген. Бүгінде несие алған кәсіпкерлік субъектісінде 4800 тонна өнім, оның ішінде картоп, сәбіз, пияз, ұн бар. Сондай-ақ, тәулігіне жарты миллионға жуық жұмыртқа өндіретін құс фабрикалары, сүт зауыты, сондай-ақ, тәулігіне 15000-нан астам әлеуметтік нан пісіретін наубайхана жұмыс істеуде. Сонымен қатар, айналым кестесі бойынша тауар өндірушілерге 8000 тоннадан астам әлеуметтік маңызды өнім өндіру үшін жалпы сомасы 1,6 млрд. теңгеге қосымша несие бөлінетін болады. Осылайша, әлеуметтік маңызды азық-түлік өнімдерінің 16 түрі бойынша қор қалыптастырылды.

Бұл ретте елімізде болған соңғы оқиғаларға байланысты бағаны тұрақтандыру аясында тұрақтандыру қоры мен айналым кестесін пайдалану есебінен кешенді жұмыс жүргізіліп жатқанын айта кеткен жөн. Осыған орай, бағаның күрт көтерілуінің алдын алу үшін "Magnum", "Small" және "Тоймарт" сынды ірі сауда желілерінде күнделікті мониторинг жүргізіледі. Осы желілердің басшылығымен өткен жылғы желтоқсан деңгейінде бағаларды бекіту туралы уағдаластыққа қол жеткізілген. Қазір жұмыртқа, нан, күріш, күнбағыс майының бағасы 5-7 пайызға төмендеді.

Аудан орталықтарында да тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі. Әлеуметтік тауарлар бағасының өсуі тіркелген жағдайда тұрақтандыру қорынан және тауар өндірушілерден жеткізуді ұйымдастыру бойынша жедел шаралар қабылданады. Тауарларды жеткізу бойынша барлық өтінім жедел қол режимінде өңделеді. Сонымен қатар, тиісті мекемелер тауар өндіруші және кәсіпкерлермен бағаны тұрақтандыру мәселесіне қатысу туралы келісімге келіп, жеңілдікті несие беру мәселесі пысықталуда. Сонымен қатар, «Magnum» және «Small» желілеріне өз өнімдерін жеткізетін бірқатар сауда компаниялары мен әлеуметтік маңызды азық-түлік өндірушілері ынтымақтастыққа дайын екендерін мәлімдеді.

Бір сөзбен айтқанда, аймақта азық-түлік қоры жеткілікті және әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру ісі ойдағыдай жүргізілуде.

▲ЖИЫН

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес қызметі жемқорлыққа қарсы бағытты күшейтеді. Бұл туралы кеңес төрағасы Баниямин Файзулин қорытынды отырыста айтты.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Баниямин Файзулиннің айтуынша, өткен жылы бизнестің 20-дан аса проблемалық мәселесі қаралған. Өтініштер негізінен мемлекеттік сатып алу, жер даулары, ауылшаруашылығы саласындағы мәселелер, сондай-ақ мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне шағымдармен байланысты. Кеңес көмегімен кәсіпкерліктің төрт субъектісіне 312 млн. теңге көлемінде қарыз төленді. Осыған дейін денсаулық сақтау басқармасы кәсіпкерлерге қонақүйде тұру қызметтері үшін осы сомада қарыз болатын.

– Өткен жылы біз 12 жоспарлы отырыс, оның ішінде 4 көшпелі кеңес өткіздік. 24-ке жуық мәселе қаралды, оның 18-і оң шешімін тапты. Кеңес құрамында мемлекеттік органдардың, бизнес-құрылымдардың, заң палатасының өкілдері болды. Сұрақтардың нақты шешімін табуға және оны сотқа дейінгі тәртіпте реттеуге тырысамыз. Жақсы мысалдар жеткілікті, бизнес құқығы үлкен сомаға қорғалды. Сонымен бірге, стратегиялық әріптесіміз – облыс прокуратурасымен бірлескен жұмысты атап өтуге болады. Биыл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытын күшейту қажет. Кеңес жұмысы тек отырыстар мен кеңестер шеңберінде ғана емес, сонымен бірге күн сайын бірлесіп шешімдер табу, бизнестің жұмыс істеуіне жағдай жасау, жұмыс орындарын құру, салық төлеу және әлеуметтік жауапты болуы тиіс. Егер заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді өзгерту қажет болса, оған шығармашылық тұрғыдан қарап, жаңа әдістерді іздеп, Үкіметті, бизнес сериктестерін сендіру қажет деп ойлаймын, – деді облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің төрағасы Баниямин Файзулин.

Жалпы, облыстық кәсіпкерлер палатасына кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау желісі бойынша кәсіпкерлерден 175 өтініш түсті. Оның ішінде 123 өтініш оң шешімін тапты, бұл барлық өтініштің 70 пайызын құрайды. Осылайша, бизнес мүдделері жалпы сомасы 901,5 млн. теңге көлемінде қорғалды.

Айта кетейік, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес өңірдегі кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру, қамтамасыз ету және қорғау, сондай-ақ оларды жариялау мәселелері бойынша міндеттерді жедел әрі жүйелі шешу үшін құрылған.

●*Ой-өрім*

Арамдық кірген үйден тыныштық қашады.

***

Ер татулығы – ел татулығы.

***

Бейбіт елде – сән бөлек, бүлінген елде – дау бөлек.

***

Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпас болар.

▲БІЛІМ



«ӨРКЕН» ГРАНТЫ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

«Jetisý Media» алаңында Назарбаев зияткерлік мектептерінде білім алу үшін «Өркен» білім алу грантын тағайындау жөніндегі конкурсқа іріктеу тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті.

Жиын барысында Талдықорған қаласындағы зияткерлік мектеп директорының орынбасарлары Анаргүл Сарыева мен Ералы Бижанов білім ордасының жетістіктеріне тоқталып, қабылдау жүргізу ретін айтып берді.

Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі 2010 жылдың 1 қыркүйегінде өз есігін ашты. Оқуда, спортта, әлеуметтік жобаларда мектеп білімгерлері көшбасшылыққа талпынады. Оқушылар мен мұғалімдерді іріктеу конкурстық негізде жүзеге асырылады. Мектепте 600-ден аса бала білім алады. Мектептің 12-сынып оқушылары халықаралық ұйымдар мен білім туралы сертификаттарға ие болады, сондықтан оларда шетелдік оқу орындарына түсу мүмкіндіктері зор. Атап өтер болсақ, атаулы мектепте 2010 жылдан бері 695 түлек бітіріп, олардың 122-сі Назарбаев университетіне, 95-і АҚШ, Ресей, Германия, Түркия, Оңтүстік Корея, Венгрия, Чехия, Қытай елдеріндегі жоғары оқу орындарына түскен.

Аталмыш жетістіктерді саралай келе сөз алған Анаргүл Тойкенқызы:

–Жалпы білім беретін орта мектептердің 6-сынып оқушылары зияткерлік мектепке емтихан тапсырып, үміткер бола алады. Қазіргі таңда республикадан құрылған комиссия жұмыс жасауда. Өту балын жинақтаудың өзі оңай емес. Үміткердің түсу туралы қорытындысы 40 күннен кейін жария етіледі, – деп зияткерлік мектепке қабылдау ережесін түсіндірді.

– Зияткерлік мектепте бағдарлама қарапайымнан күрделіге қарай өзгеріп отырады. Зертханалар жұмыс істейді. 11-12 сыныптар сыртқы емтихандар тапсырады, оны бейтарап эксперттер анықтайды. Еліміздің тарихына да назар аударылады. Мектепте «Жаңа әлемдегі Қазақстан» деген пән бар. Оқушылардың цифрлық әлемде өз ойын қалыптастарып, қорыта білуіне, сандық технологияларды меңгеруіне көңіл аударамыз. Зерттеу еңбектері болса, авторлық құқыққа назар аудару керектігін де ұғындырамыз. Алдағы уақытта бастауыш сыныпта оқыту тоқтатылады, – деп директор орынбасары Ералы Бижанов атап өтсе, өз кезегінде аталмыш білім ошағының 7-сынып оқушысы алтын ұя мектептің артықшылықтарын атап өтіп, ерекшеліктерімен бөлісті.

Айта кетерлігі, «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы 2022-2023 оқу жылында Назарбаев зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарында білім алу үшін үміткерлерге Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындауға конкурс жариялап отыр. Үміткерлер өз өтініштерін 5 қаңтардан 21 ақпанға дейін бере алады. Кешенді тестілеулер 2022 жылғы 14-15 сәуір күндері өтеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

▲ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қаңтар айындағы дүрбелеңнен кейін ел Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ қақтығыс кезінде қайтыс болғандар мен зардап шеккендерге халық болып жәрдемдесуге шақырғаны белгілі. Тарыққанға қол созып, ашыққанға дәм ұсынған Ұлы Даланың перзенттері бұл жолы да барымен бөлісіп, қайырымдылық шараларын атқаруға кірісіп кеткен. Солардың қатарында Қаскелең қаласында орналасқан «AZAMATSHA» қоғамдық қоры да бар.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ



ІЗГІЛІК ІЗДЕРІ

Аталмыш қор әу баста көпбалалы және аз қамтылған отбасыларына қолдау көрсетуді алдына мақсат етіп қойған болатын. Осылайша, Қарасай мен Жамбыл ауданында тұратын 300 шаңырақ тұрақты түрде жәрдем алып келген. Бұл жолы жоқшылық қамытын киіп отырған 14 отбасына бірінші кезекте қажетті азық-түлік өнімдері салынған себеттер таратылып берілді. Қордың қаражатына алынған тауарларды сұрыптап, таратуға Айжан Балажанова жетекшілік жасайтын аудандық жастар ресурсы орталығының мүшелері көмекке келді.

Қордың директоры Мәдина Сауытбекованың айтуынша, алғаш жұмыстарын бастаған сәттен сот орындаушысы Талғат Кененбаев пен оның көмекшісі Ольга Филинамен тығыз байланыс орнатып, тұрмыс тауқыметіне ұшыраған жандар жайлы мәліметтер алып отырған. Енді мұндай отбасылар «AZAMATSHA» қорының қолдауына арқа сүйей алады. Иглікті шарадан аудандық «Nur Otan» партиясы, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен халықты жұмыспен қамту орталығы да шет қалмай келеді.

Қордың құрылтайшысы Ольга Қуанышева, директоры Мәдина Сауытбекова және есепші-оқытушы Светлана Михайловскаяның бастамасымен құрылған қоғамдық ұйымның күнделікті жұмысына Элия Өтегенова, Арман Палымбетова сияқты еріктілер қал-қадерлерінше көмек жасауда. Өздерінің тұрмыстық мәселелері шешімін таппай отырса да еріктілер қамқорлыққа зәру жандарға қол ұшын беруге дайын.

Тарыққан отандастарына қамқорлық жасауды мақсат еткен жаңы ізгі жандар азық-түлік себеттерін таратып қана қоймай, қаңтардағы қақтығыс кезінде қаза тапқандарға арнап ас беріп, Құран бағыштау жайлы ой келді. Осылайша біз марқұмдардың отбасына көңіл айтып, қазақ халқымен бірге екенімізді көрсеткіміз келген. «Күшіміз – бірлікте!» деген ұғым күнделікті тірлікте осындай әрекетпен көрініс тауып жатыр.

Қарасай ауданы

Тәуелсіздік — бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№12
(19007)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Beısenbi,
27 qańtar,
2022 jyl

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

▲ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!



Облыс әкімі Қанат Бозымбаев бизнес қауымдастық өкілдерімен кездесті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшылығымен бірлесіп өткізілген жиында 2022-2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасы талқыланды.

ТҰЖЫРЫМДАМА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Ж. Жұмабаев баяндама жасап, жобаны талқылаудың маңыздылығын атап өтті, тұжырымдама жобасының негізгі мазмұнына тоқталды.

Облыс әкімі Қанат Бозымбаев өз сөзінде Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында дайындалған тұжырымдаманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуде маңызды екенін айтты. Сол сияқты өңір кәсіпкерлеріне көрсетілген мемлекеттік қолдауларға тоқталып өтті. Мәселен, өткен жылы бұл мақсатқа 21 млрд. теңге бөлінген, 3 мыңнан астам кәсіпкер қаржыландырылып, 6 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылған.


– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы бәрімізге қатысты. Бұл – маңызды құжат. Ол бизнес қауымдастықтың мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара қарым-қатынасын реттейтін болады. Бұл ретте қос тараптың да жауапкершілігі арта түседі. Облыс осы бағдарламаға сәйкес жұмыс істейтін болады. Әзірге тұжырымдама жоба түрінде, оны талқылауға және нақты ұсыныстар енгізуге өңірдегі барлық кәсіпкердің белсенді қатысқаны маңызды. Сосын ұсыныстардың бәрі жинақталып, тиісті құрылымдарға жіберіледі, – деді облыс әкімі.

Талқылау барысында өңір бизнесмендері агроөнеркәсіп субъектілерін субсидиялау тәртібі, мемлекеттік сатып алудың ашықтығын қамтамасыз ету, сонның ішінде қазақстандық мазмұнды ұлғайту жайында өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Кездесуді қорытындылаған Қанат Бозымбаев кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы мен ауылшаруашылығы басқармасына тұжырымдама жобасын өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп талқылап, облыс бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке өз ұсыныстарын енгізуді тапсырды.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ТАҒАЙЫНДАУ



Алматы облысы әкімінің өкімімен Болат Бақбергенұлы КЕРІМБЕК облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Ол бұған дейін облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың басшысы қызметін атқарды.

ТАҒАЙЫНДАУ



Алматы облысы әкімінің өкімімен Рахмет Разбекұлы ЕСДӘУЛЕТОВ облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың басшысы болып тағайындалды.

Ол бұған дейін облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы лауазымын атқарды.

▲НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ТЕРРОРЛЫҚ ҚАУІПТІҢ «ҚЫЗҒЫЛТ-САРЫ» ДЕҢГЕЙІ ЕНГІЗІЛДІ

Құрметті облыс тұрғындары! Терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб аймақтағы жағдайдың тұрақталғанын хабарлайды.

Қабылданған шешімге сәйкес 2022 жылдың 26 қаңтары сағат 00.00-ден бастап облыстың барлық аумағында террорлық қауіптіліктің шекті «қызыл» деңгейі алынып тасталды. Талдықорған, Текелі қалаларында, сондай-ақ, Еңбекшіқазақ, Іле, Талғар, Жамбыл, Қарасай, Ақсу, Көксу, Ескелді және Қаратал аудандарында террорлық қауіптің жоғары «қызғылт-сары» деңгейі белгіленді.

Облыс аумағында құқық қорғау органдары тәртіпсіздікке қатысушылар мен ұйымдастырушыларды анықтау бойынша жедел іздестіру шараларын жалғастыруда. Қазіргі таңда террорлық қауіп деңгейінің шарттарына сәйкес қару-жарақ пен жарылғыш заттарды табу үшін құқық қорғау органдарына көліктерді тінтуге рұқсат етілген.

Құқық қорғау органдарының жұмысына түсініспен қарап, сабыр сақтап, олардың заңды талаптарын бұлжытпай орындауыңызды сұраймыз.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:
ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫ — 2-БЕТ
АҚСУДАН ҰШҚАН АҚҚУ — 3-БЕТ

▲ХАБАРЛАНДЫРУ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2022 жылдың 28 қаңтарында Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс XIV сессиясы (онлайн) өткізіледі

Күн тәртібіне сәйкес келесі мәселелер қаралады:

1. Алматы облыстық мәслихатының регламентін бекіту туралы.
2. Алматы облыстық мәслихатының 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.
3. Алматы облыстық мәслихатының тұрақты комиссияларының құрамдарына өзгерістер енгізу туралы.
4. Қала құрылысын ерекше реттеу аймағында орналасқан Алматы облысы аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын бекіту туралы.
5. Алматы облысы аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын бекіту туралы.

▲БӘРЕКЕЛДІ!

ОЙЫН АЛАҢЫ САЛЫНДЫ

Сарыөзек гарнизоны әскери қалашығындағы көпқабатты үйлердің ауласында балаларға арналған ойын алаңдары кеңейтіліп, арнайы құрылғылар орнатылды.

Бұл ойын алаңқайы балалардың дене шынықтырумен айналысулары үшін маңызды екенін айта кеткен жөн.

Мұнда әткеншектер, сырғанақ, өрмелеуіш, төбесі жабық ойын құрылғылары орнатылған. Құрылғылар түрлі түсті бояумен сырланып, ойын алаңына құм төгілген. Сонымен қатар, алаң шетіне арнайы орындықтар қойылған.

– Әскери қалашығымызда осындай ойын алаңдарының болуын құптаймыз әрі ризамыз. Тұрғындардың атынан алғысымды айтамын. Елімізде жақсы істер жалғасын таба берсін, – деді әскери қалашықтың тұрғыны Айхан Еркебаева.

Заманауи ойын алаңқайында ересектерге арналған жаттығу құрылғылары да бар. Бұл жерде балалар ойын барысында жарақат алып қалмауы үшін барлық қауіпсіздік қарастырылған. Одан өзге әскери қалашық аумағында шағын футбол стадионы да қолданысқа берілген.

Абзал САРТАЕВ
Кербұлақ ауданы

▲COVID – 19



ДӘРІ-ДӘРМЕК ЖЕТКІЛІКТІ

Індет көп тараған өңірлердің қатарында Кеген ауданы да бар. Алмас Тілеулиев басқаратын аудандық орталық ауруханада қажетті іс-шаралар қолға алынып, жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда аудандық аурухананың инфекциялық бөлімінде 27 науқас жатыр. Оның ішінде 23 сырқат қауіпті індет бойынша ем қабылдауда. 4 науқастың өкпесі қабынған.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Қазіргі таңда инфекциялық бөлімде 40 адамға арналған орын дайындалып қойған. 4 жансақтау бөлімі жұмыс істейді. Дәрі-дәрмектің қоры жеткілікті. Емханада қайтадан екпе алу жұмысы да жалғасып жатыр. Қазіргі таңға дейін 2979 адам қайта екпе алған.

– Аудандық ауруханаға қарасты барлық денсаулық сақтау мекемелері бойынша қауіпті індеттен сақтану, алдын алу жұмыстары жалғасын тауып келеді. Дәрігерлер өз жұмыстарын жақсы біледі. Сақтық шараларын үнемі есте ұстау жөнінде тұрғындарға да түсіндіріліп айтылуда, – дейді аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Гүлмира Мұқанова.

Кеген ауданы

▲КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!

ОРНЫНДА БАР ОҢАЛАДЫ

Осы аптада өткен «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс Саяси кеңес отырысында облыс әкімі Қанат Бозымбаев: « І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайын, М. Тынышпаев атындағы музейді, полиция департаментінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті ғимараттарын жөндеу жұмыстары аяқталды. Облыс әкімдігі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының және Талдықорған полиция басқармасының ғимараттарына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Облыс әкімдігінің резервінен жобалау жұмыстарына 179 млн. теңге, жалпы қалпына келтіру жұмыстарына республикалық бюджеттен 6 млрд. теңге бөлінеді. Сонымен қатар, мәслихат депутаттары мен партия белсенділері 512 мұқтаж отбасына 4 млн. теңгеден астам қаражатқа көмек көрсеткен», – деп атап өтті.

Қажет АНДАС

Яғни, бейбіт күнде жоғарыда аталған қаражатқа мәдениет, білім, спорт, тағы да басқа нысан салып, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға немесе тұрғын үй кешенін тұрғызып, баспанасыз жүрген талай жанның қоныстойын тойлауына мүмкіндік туар еді. «Шығын шықпай кіріс кірмес» дегендей, болар іс болды. Енді оның бояуын сіңірмей қайта қалпына келтіру – бүгінгі таңдағы басты жұмыс.

Жаппай тәртіпсіздік орын алған 5-6 қаңтар күндері қаланың жағдайы тым аянышты болғанын бәріміз көрдік. Өртенген ғимараттар, көше бойы шашылған қоқыстар, аударылған көліктер әлі көз алдымызда тұр. Жағдай тұрақталған соң қаланы тазалау жұмысы қолға алынды. Жұмыстың басы-қасында Талдықорған қаласындағы «Көркейту» ЖШС жүрді.

– ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес енгізілген төтенше жағдай кезінде Талдықорған қаласында блокбекеттерді жабдықтау үшін баррикадаларды тазартумен, орнатумен "Жақсымбет" ЖШС, "Талдықорған Көркейту" ЖШС және "Кенебаев" ЖК мердігерлік ұйымдары айналысты. Жинау барысында мердігер ұйымдармен 19 бірлік техника және 41 адам жұмылдырылды. Оның ішінде «Oleg.ТДК» және «Азаматтық» еріктілер ұйымы мен Талдықорған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің мамандары да болды. Бүгінгі күні қала саябақтарын, скверлерін және көшелерін санитарлық тазалау бойынша жұмыстар күнделікті штаттық режимде жүргізілуде, – деп жауап берді «Көркейту» ЖШС директоры Владимир Оңалбайұлы.

Нысандардың бүлінуімен бірге бизнес өкілдерінің шығынға батқаны тағы бар. Әрине, осыған дейін сауда дүкенін тонау, бүлдіру, өртеу жағдайы тіркелмегені анық. Сондықтан да кәсіпкерлер алғашында бейқам болды. Ал төтенше жағдай орын алуы мүмкін деп топшылағандар дүкендегі тауарларын қауіпсіз жерлерге тасып, сақтық шарасын жүргізді. Олар тауарын аман-есен сақтап қалғанымен жағдай орныққан соң заттарын дүкенге қайта тасып, әуреге түсті, шығынға ұшырады. Қалай айтсақ та жаппай тәртіпсіздік салдарынан белшеден шығынға батқан бизнес нысандары аз емес. Бизнес саласының шығыны туралы жіберген хатымызға облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Думан Керімбаев:

– Облыстық кәсіпкерлер палатасы күн сайын қаңтарда жаппай тәртіпсіздік барысында зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізуде. 22 қаңтардағы жағдай бойынша зардап шеккен кәсіпкерлік объектілерінің жалпы саны 143-ті құрады, оның ішінде, 12 ірі субъектіге (22 объект) шамамен 3 млрд. теңге, 5 орта субъектіге (5 объект) 77,6 млн. теңге, 82 шағын субъектіге (93 719,7 млн. теңге, 23 микрокәсіпкерлік субъектісіне (23 объект) 116,6 млн. теңге залал келтірілген. Залалдың жалпы сомасы 3,9 млрд. теңгеге жуық. Сонымен қатар, облыс бойынша кәсіпкерлік қызметтің 122 субъектісі зардап шекті. Зардап шеккен нысандардың 78 пайыздан астамы сауда нысандары. Зардап шеккен кәсіпкерлердің негізгі бөлігі Қарасай ауданында орналасқан "Апорт" СОО, "Алтын Орда" базары, – деп жауап берді.

Айта кетерлігі, қазіргі уақытта тәртіпсіздіктер нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік зиянды өтеу тетігі бекітілді. Облыстық кәсіпкерлер палатасы өтініштерді беру және құжаттарды дайындау тәртібін түсіндіру жұмысын жүргізуде. Талдықорған қаласында тоналған дүкендердің қатарында «Фора» техника дүкені де бар. Дүкеннің директоры Алина Фомина:

– Басында бәрі бейбіт митинг делінген соң бұзып, шағу, тонау сияқты жағдай орын алады деген ойда болған жоқпыз. Сол күні біздің дүкен зардап шекті. Дүкенді тонауға қолында қаруы бар, бетперде киген үш адам кіргені бейнекамераға жазылып қалған. Олар сол күні түн жарымына қарай дүкеннің есігін шағып кіріп, алдымен кассадағы ақшаларды алып, кетіп қалған. Сосын екі сағаттан кейін тағы да қайта келіп, он шақты смарт телефонды алып, тайып тұрған. Бір қуанарлығы, басқа дүниені бүлдірмей, өрт қоймай шығып кеткен. Күзетшілер жағдай орын алған кезде байланысқа шығып, хабарласа алмаған. Қазір шығын көлемі есептеліп жатыр, – дейді.

«Қаңтар қасіреті» деген терминмен есте қалған жаппай тәртіпсіздік қазақстандықтардың жүрегін әлі сыздатып келеді. «Бір күн керіс болған үйден қырық күн береке кетеді» дегендей, санаға түскен салмақ пен қалтаға түскен шығынның көлемі аз болмады. Енді сол бүлінген дүниені қайта қалпына келтіру жұмыстары да жұрттың қажетіне жұмсалатын қаражаттың біраз бөлігіне жүк болатыны белгілі. Әрине, орнында бар дүние қайта қалпына келетіні анық. Бүлінген ғимарат жаңарып, ұрланған дүниенің есебі анықталады. Десе де, осы бір жағдай алдағы уақытта бәрімізге сабақ болып, Президенттің жаңа реформаларын жүзеге асыруға және саликалы ел құруға деген ұмтылысымызға дем берсе болғаны.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

▲МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Облыстық мәслихат хатшысы Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВТЫҢ төрағалығымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс XIV сессиясы өтті. Онда облыстық мәслихаттың регламенті, 2022 жылғы жұмыс жоспары бекітіліп, тұрақты комиссия құрамына өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, қала құрылысын ерекше реттеу аймағында орналасқан облыс аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді сызбасы бекітілді.

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Сессия отырысында алдымен облыстық мәслихаттың 2022 жылға арналған жұмыс регламенті таныстырылды. Онда мәслихаттың тұрақты комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының, жанар-жағармайдың және қоғамдық көлікпен жүру бағалары мен олардың негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында атқарылып жатқан жұмыс жоспарын айқындау, мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара тиімді диалогты дамытудағы қоғамдық кеңестердің рөлі мен маңызы, 2020 жылға арналған бюджеттің орындалуы және тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған өңірдің салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын іске асыру жолдары қарастырылған. Сондай-ақ, 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының орындалуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары, есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер және прекурсорлармен байланысты қылмыстарды ескерту, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, маскүнемдікке, алкоголизмге, нашақорлыққа және уытқұмарлыққа қарсы атқарылатын жұмыс жоспары мен жер ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуының жай-күйі және 2023-2025 жылдарға арналған облыс бюджетін бекіту туралы іс-шаралар кешені нақтыланған. Отырысқа қатысқан депутаттар облыстық мәслихаттың жұмыс регламентін лайықты деп тапты.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына 2021 жылдың 30 маусымында енгізілген өзгерістерге сәйкес облыстық мәслихатқа екі тұрақты комиссия төрағасын тұрақты негізде, жергілікті бюджет есебінен еңбекақы алатын лауазымды адам ретінде жұмысқа қабылдау өкілеттігі берілді. Аталған сессия отырысында екі тұрақты комиссия төрғаларының кандидатурасы ұсынылып, депутаттар дауыс арқылы олардың кандидатурасын қолдайтындықтарын білдірді. Сонымен алдағы уақытта облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, құқықтық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, депутаттық өкілеттіктер мен этика мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының төрағалығына Берік Тынышбаев, денсаулық сақтау, білім, халықты әлеуметтік қорғау және мәдениет мәселелері бойынша тұрақты комиссияның төрағалығына Болатжан Нұрбеков, ауылшаруашылығы, жер қатынастары, ветеринария және экология мәселелері бойынша тұрақты комиссияның төрағалығына Асқар Сүлейменов, индустриялық-инновациялық, көліктік-логистикалық даму, кіші және орта бизнесті, туризм мен спортты қолдау мәселелері бойынша тұрақты комиссияның төрайымына Римма Салықова, дін, тіл, этносаралық қатынастар, ішкі және жастар саясаты мәселелері бойынша тұрақты комиссияның төрайымына Самал Қабышева, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және құрылыс мәселелері бойынша тұрақты комиссияның төрағалығына Бағдаулет Үстенов бекітілді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша 27 қаңтар күні облыстық мәслихаттың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және құрылыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның көшпелі отырысында қаралған қала құрылысын ерекше реттеу аймағында орналасқан облыс аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді сызбасын дауысқа салды. Отырысқа қатысқан депутаттар аталған сызбаны бірауыздан бекітті.

Омар АҚЫН

▲КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

КЕШЕНДІ СЫЗБА БЕКІТІЛДІ

Облыстық мәслихаттың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және құрылыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының көшпелі отырысы өтті. Облыстық мәслихат депутаты Бағдәулет Үстеновтің төрағалығымен өткен отырыста тұрақты комиссияның 2021 жылы атқарған жұмысы қорытындыланып, ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары таныстырылды. Сондай-ақ, облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының бас жоспар бөлімінің басшысы Айдос Күнесбаев ұсынған қала құрылысын ерекше реттеу аймағында орналасқан облыс аумағындағы қала құрылысын жоспарлаудың кешенді сызбасы қаралып, бекітілді.

Қажет АНДАС

Бағдаулет Нығыметбекұлының айтуынша, өткен жылы тұрақты комиссия 6 отырыс өткізіп, күн тәртібінде 11 мәселе қаралыпты. Нәтижесінде 24 хаттамалық тапсырма беріліп, оның 18-і орындалған. Отырыстарда 13 аудан және қала әкімі, сондай-ақ, 5 уәкілетті орган басшысының есебі тыңдалған. Сонымен қатар, тұрақты комиссия депутаттары Жол картасы бойынша әлеуметтік нысандарға жүргізіліп жатқан құрылыс жұмысы барысын бақылау мақсатында 60 әлеуметтік нысанға барып, тиісті анықтамалар жасаған. Сондай-ақ, аудан қалалардағы 724 білім мекемесінің оқу жылына дайындығын қарап шыққан. Көмір тапшылығы бойынша аудан, қалаларда рейд жұмысын ұйымдастырса, маусым айында мүліктің меншік иелері бірлестігі немесе жай серіктестік институтын енгізу жөніндегі реформаны жүзеге асыру бойынша халықпен кездесіп, насихат жұмысына белсене қатысқан.

Комиссия мүшелері газдандыру, тұрғын үйге жүргізілетін күрделі жөндеу жұмысы, кондоминиум объектілерін басқару формасының жаңа институтын енгізу бойынша атқарылған жұмыстарға, әлеуметтік нысандардың жылу маусымына дайындығы бойынша мәселелерге ерекше назар аударып, оң шешім табуына қолдау көрсеткен.

Келесі кезекте сөз алған Айдос Күнесбайұлының айтуынша, бүгінде облыс аумағындағы қала құрылысын жоспарлаудың кешенді жобасын екі кезең бойынша әзірлеу жұмысы аяқталыпты. Аталған жобада аймағымыздағы 17 аудан, 3 облыстық, 7 аудандық маңызы бар қала, 731 ауыл мен 246 ауылдық округтің шегаралары толық қамтылған. Кешенді сызбасының негізгі мақсаты – қала құрылысын дамыту стратегиясын айқындау, орнықты әлеуметтік-экономикалық кешен жағдайларын, экологиялық – қала құрылысы жағдайлары мен қолда бар ресурстық әлеуетті ескере отырып, халықтың тыныстіршілігінің қолайлы жағдайларын және елді мекендер аумақтарын орнықты дамыту. Осыған орай дайындалған сызбада аймақтың 2050 жылға дейінгі көліктік-логистикалық жүйесін дамыту, рекреациялық аумақтар мен демалыс аймақтарын ұйымдастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және Ұлы Жібек жолын жаңғырту жөніндегі іс-шаралар бойынша шешімдер айқындалған.

Отырыс аясында қала құрылысының кешенді сызбасын орындаған мердігер компания өкілі Любовь Нысанбаева кешенді сызба облыс аумағында қала құрылысын жоспарлаудың цифрлық нұсқасын жасауға мүмкіндік беретінін атап өтті. Өйткені жұмыс «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының талаптарымен байланыстырып орындалған және облыстың қазіргі жай-күйін ғана емес, сонымен қатар, жобалық кезеңдер бойынша жобалық даму параметріне сәйкестендірілген. Сондықтан кешенді сызба ҚР цифрлық базасын (BIG DATA) қалыптастыруға да көмектеседі.

Соңында тұрақты комиссия 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті. Онда қалалар мен елді мекен аумағын абаттандыру, жолдар мен көшелерді жарықтандыру, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында халықты сапалы ауызсумен және су бұру қызметтерімен және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету, тағы да басқа әлеуметтің әлеуетін көтеретін маңызды жобалар қарастырылған.

▲ТІЛШІ ТОЛҒАМЫ

ДЕМОКРАТИЯ ДЕГЕНІМІЗ ЖҮГЕНСІЗДІК ЕМЕС

Әуелгі сөздің әлқиссасын Ата Заңға жүгінуден бастайықшы. Конституциямызға кірісер-кіріспес бұрын, яғни, бірінші бөлімнің бірінші бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп тайға таңба басқандай анық жазылған. Мектеп жасындағы бала да анықтамасын кідіріссіз айтатын демократия ұғымы Қазақстанда ғана емес, әлемнің дамыған елдерінің бәрінде үлкен маңызға ие. Қазақ тарихына «Қаңтар қасіреті» деген атпен енген кешегі дүрбелең демократияның негізгі бағыт-бағдарын қайта қарауды міндеттеп, еркіндік дегеніміз еркінсу емес екенін тағы бір ұғындырғандай әсер етті.



Қуаныш ТҰНҒАТАР

Біз демократия ұғымын тектен-текке алға тартып отырған жоқпыз. Тіке аудармасы «халық билігі» деген мағынаға саятын бірауыз сөздің астында тұтас ғылым бар. Ой еркіндігі, сөз бостандығы, шеруге шығып, өз талап-тілегіңді жеткізу – демократияның кішкентай бір тармағы, бөлшегі ғана. Ал демократиялау жүйесі, оның институттық қағидалары, адам құқығы мен бостандығын сақтау, өзгелердің өміріне қол сұқпау, еркіндігіне кепілдік беру, қауіпсіз қоғам құру, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал жасау секілді қаншама бағыт-бағдары барын, оны игеріп, іске асыру үшін арнайы басқару механизмі қажет екенін былайғы уақытта елеп-ескермейтініміз ащы шындық. Осындай салғыртық пен құқықтық сауаттылықтың, білім-біліктің аздығынан қаңтардағы бүлік кезінде бейбіт тұрғындар арандатушылардың айтағына еріп кетті, жымысқы топтың ұранына қосылды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қаңтар дүрбелеңі кезінде демократия ұғымына бірнеше рет тоқталды. Ең алдымен Президент: «Еліміздегі қайғылы жағдай демократия мен адам құқығы мәселелерінің жаңа қырын ашып көрсетті», – деді. Одан кейінгі сөзінде: «Демократия дегеніміз – жүгенсіздік емес, әсіресе, блогосферада заңға қайшы әрекет ететін арандатушылық емес», – дей келе, дәлелді анықтама ұсынды. Демократия – дұрыс ұстанған мемлекет үшін ең қастерлі және дұрыс бағыттың бірі. Ал демократияны желеу етіп, қоғамдық тәртіпке нұқсан келсе, өзгелердің өмірі мен жеке мүлкіне қол сұғу оқиғалары өршісе, бұл – бассыздық. Мұндай кезде заң аясында дереу тәртіп орнату – кез келген мемлекетте бірінші қойылар басты талап.

Осы аргументіміз анығырақ болу үшін тағы да Қасым-Жомарт Кемелұлының сөзіне ден қойып көрелік. «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай сөйлеген сөзімде заң мен тәртіп еліміздің игілігі мен берекесінің негізгі кепілі екенін айттым. Бұл тек Қазақстанға ғана емес, барлық өркениетті мемлекетке тән. Бұл азаматтардың бостандығы мен адам құқығын шектеу деген сөз емес. Керісінше, Алматыдағы және Қазақстанның өзге де қалаларындағы қайғылы жағдай заңның сақталмауы, шектен шыққандық және анархия адам құқығының бұзылуына әкеп соқтыратынын көрсетті», – деді Президент.

Иә, Қаңтар қасіреті кезінде заң аяқасты болды. Еліміздің бірнеше қаласында бір мезгілде басталған шабуыл бейбіт шеруді тиімді пайдаланушылар бар екенін, ұйымдасқан террорлық әрекетке ұласқанын байқатты. Облыс орталықтары мен ірі қалалардың барлығында дерлік бірнеше сағаттық хаос орнады. Ашықтан-ашық анархия пайда болды. Өртенген әкімдіктер, қираған полиция ғимараттары, медицина қызметкерлері мен өрт сөндірушілерге жасалған кедергілер, қоқан-лоққы мен қысымдар бейбіт тұрғындардың үрейін ұшырды. Халық басбұзарлармен, жымысқы топ өкілдерімен ешқандай полиция мен әскерисіз бетпе-бет қалғандай күй кешті.

Демократия ұғымын теріс пайдаланушылар кесірінен толқуға қатысы жоқ бейсауат адамдар зардап шекті. Өлім-жітім тіркелді. Ғаламтор өшірілді. Кәсіпорындар мен түрлі мекемелер жұмысын тоқтатып, шығынға батты. Жолаушылар діттеген жеріне жете алмады. Білім, медицина, сауда, құрылыс саласына нұқсан келді. Әбден абдыраған халық мұндай кезде не істер еді? Әрине, Президентіне, Мемлекет тізгінін ұстаған басшысына қарайтыны анық. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз орнынан табылып, дер кезінде Үндеу жасай алды. Әсіресе, жаппай тәртіпсіздік кезіндегі алғашқы Үндеуі көптің қорқынышын басып, болашаққа деген нық сенім ұялатты. Президенттің: «Қандай жағдай болсын, мен елордада қаламын. Халықпен бірге болу – бұл менің конституциялық міндетім», – деген сөзі елдің еңсесін көтеріп жіберді. Міне, мемлекет құндылығы, сенімге селкеу түсірмеу және уәдеге беріктік осындайда білінсе керек-ті.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өзі сипаттаған анархияны тоқтатып, құқықтық, демократиялы мемлекетті қайта қалпына келтіруге шұғыл кірісті. Оның кейінгі Үндеулерін, Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзін, отандық бизнес өкілдерімен өрбіген әңгімесін, тұтастай алғанда, Қазақстанның ендігі даму межесін белгілеген, алдағы саяси-экономикалық, әлеуметтік бағытымызды айқындаған құнды құжаттар жиынтығы десек те қателеспейміз.

Қарап отырсақ, Қасым-Жомарт Тоқаев елді демократияландыруға баяғыдан назар аударған. Осыған дейінгі шыққан кітаптары мен әртүрлі жиындарда сөйлеген сөзін қоспағанның өзінде, кейінгі бірнеше жылдың жүзінде демократияға қатысты жақсы пікірлер айтқан, ауқымды жұмыстар атқарған. Соның бірі – Бейбіт жиналыстар туралы Заңның мақұлданып, қол қойылуы. «Естеріңізде болса, 2020 жылдың мамыр айында менің ұсынысыммен азаматтардың бейбіт жиналыстарды өткізуі туралы заң қабылданды. Бұл заң, шын мәнінде, елімізде демократияны ілгерілету бағытында жасалған маңызды қадам. Өйткені құжатта митингілер мен жиналыстарды өткізу үшін рұқсат алудың қажет еместігі, тек билік органдарына ескерту жеткілікті екені қарастырылған. Жиынды еліміздің кез келген қаласының орталығында өткізуге болатыны көрсетілген. Алайда қай жерде жиналып, не айтсақ та құқымыз бар деп санайтын кейбір «құқық қорғаушылар» мен «белсенділер» өздерін заңнан жоғары қояды. Осындай шолақ белсенділердің жауапсыз әрекеттерінің кесірінен полиция қызметкерлері өздерінің негізгі құқықтық тәртіпті сақтау қызметіне толық көңіл бөле алмайды. Оларға көбінесе зорлық-зомбылық көрсетіп, тіл тигізеді. Осындай «белсенділердің» кесірінен интернет бұғатталады. Нәтижесінде миллиондаған азамат пен отандық бизнес зардап шегеді. Яғни, ішкі экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа орасан зор зиянын тигізеді», – деді Президент кезекті Үндеуінде.

Көрдіңіз бе, Президент демократиялық үрдістерге басымдық бере отырып, бейбіт шеру өткізуге барынша мүмкіндік жасағанын аңғару қиын емес. Өкінішке қарай, осындай жеңілдіктерді арандатушылар өздеріне ұтымды пайдаланып кетіп отыр. Олардың ішінде сыртқы күштердің де ықпалы бар. Мемлекет басшысы бұларды жауапсыз демагог деп атап, қатаң шара қолданылатынын жеткізеді. Президент «Твиттер» парақшасында толқу Жаңаөзенде басталған кезде-ақ бейбіт митинг, халықтың талап қоюға құқығы бар екенін, бірақ әрбір жиынның өз тәртібі болатынын, шерулер заң аясында реттелетінін ескертіп отырған. Мәселен, «Азаматтардың жергілікті және орталық билік органдарына талабын ашық айтуға құқығы бар, бірақ, бұл заңға, нақтырақ айтқанда, Бейбіт шерулер туралы заңға сәйкес жүзеге асырылуы керек», «Демонстранттарды еліміздің тұтастығы мен бірлігіне сызат түсіруді көздейтін деструктивті топтардың үндеуіне құлақ аспауға шақырамын», – деген жазбалары осы ойымызға айқын дәлел. «Твиттердегі» тағы бір жазбасында Президент хаос жағдайында даму, реформалар жасау мүмкін еместігін, заң мен тәртіп – тұрақтылығымыздың негізі екенін ескертеді.

Президентіміз Ресей телеарналарының біріне 2020 жылы берген сұхбатында демократия мәселесіне тағы тоқталған еді. «Жалпы алғанда, демократия бір түнде пайда болатын нәрсе емес. Бұл Еуропада бірнеше ғасырға созылған үдеріс. Америка Құрама Штаттарында да демократия бір түнде орнаған жоқ. Алпысыншы жылдардың өзінде кемсітушілік белгілері анық байқалатын. Қара нәсілділерді, әйелдерді. Ал Қазақстанға келер болсақ, демократия – табиғи түрде дамыған процесс», – деп сипаттағаны жадымызда. Жаны бар сөз. Демократиялы ел екен деп шетелден үлгі іздеудің орнына әр қазақстандық өзін тәрбиелеп, Отанына адал қызмет етіп, мемлекетіне жанашырлықпен қарай білсе, дәстүрсалты мен еркіндікті ұштастыра алса, міне, сол дұрыс бағдар болары айқын.

Президенттің: «Интернетке еркіндік берілгенімен ойына келгенді жазуға, жалған ақпарат таратуға, біреуге тіл тигізуге, арандатушылыққа жол берілмейтінін ескертемін. Ондай материалдар шықса, олардың авторларын тауып жауапкершілікке тарту шараларын қабылдаймыз», – деп мәлімдеуінде де үлкен мән жатыр. Бұл бір қарағанда құқықтық жағынан шектеу сияқты көрінгенімен әр адамның желідегі жауапкершілігін арттырады. Әлеуметтік желі бүгінде үлкен күшке айналды. Ал оның құзыретін мемлекет тұтастығына сызат түсіру үшін, ел арасына іріткі салу мақсатында қолдану қауіпті. Оның үстіне, желі алдамшы. Онлайн аккаунт иелері мен өмірдегі бейнесі мүлде екі бөлек әсер береді. Сондықтан, желіде пернетақтаның батыры болғанша, өмірдегі тақтаға жақсы із қалдыруға тырысқан жөн.

Ата Заңда көрсетілгендей, құқықтық мемлекеттің құндылығы неде? Ұлы даланың шаңырағын шайқаған кешегі тәртіпсіздіктен не түйдік? Тәуелсіздігіміздің айбыруға тырысқан жымысқы топтар бейбіт шеруді қалайша ұтымды пайдаланып кетті? Бүлік кезіндегі Президент Үндеулері, шұғыл шешімдер қандай нәтиже берді?

Осы және өзге де сансыз сауал әлі де қойылатыны, оған берілетін жауаптардың келешекте тағы толығатыны, алдағы уақытта бұл ауқымды тақырып бірнеше жылдық зерттеуге арқау болатыны айтпаса да түсінікті. Бірақ біз Қаңтар қасіретін зерттеп, зерделеуді бір ғана қымбатшылықтың шеңберінде қарастырсақ, қатты қателесетінімізді ұғынуға тиіспіз.

Қаңтар толқуына қорытынды шығармас бұрын әр салада тамыр жайған жемқорлыққа, жекелеген тұлғаларда отаншылдық сезімнің жоқтығына, лауазымды қызметтерге ұмтылып, мансабын қарақан басы мен жақындары үшін пайдалану әрекеттеріне, кеңседе басқа, үйде басқа кейіпке енетін екіжүзділікке, басшыларға жарамсақтану, жиіркеніш тудыратын жағымпаздық, функционалдық міндеттерді атқаруда ашықтықтың аздығы, қоғамның адал адамға зәрулігі секілді қадау-қадау мәселеге майшаммен үңілуге тура келеді.

Бұл түйткілдердің бірсыпырасы бүгінде шешімін тауып, көлеңкелі көп дүниеге сәуле түсе бастады. Күдіктілер құзырлы мекемелердің құрығына ілігіп, топтобымен тергеліп-тексеріліп жатыр. Жаппай қызметінен босатылып, балқып-шалқыған өмірімен қоштасып жатқандары қаншама?!

Қазақстандағы ахуалдың осыншалықты ушығуына өте көп фактор әсер еткені айқындалып отыр. Біздің пайымымызша, ең алдымен, жемқорлық, одан кейін жағымпаздық мемлекеттің қарыштап дамуына кедергі келтірген. Бұған жоғарыда атап өткен екіжүзділік пен отаншылдық рухтың төмендігін қосыңыз. Аталған төрт қатерді сырттан ешкім тасымалдап отырған жоқ. Өкінішке қарай, бұл қауіп өз азаматтарымыздың бойында кездеседі.

Жемқорлықпен күрес егемендік алғаннан бері айтылып келеді. Бірақ бар мәселе сол тек айтылумен шектеліп жатқандығында болып тұр. Меніңше, жемқорлықпен күресті жоғарыдағы «миллиардтардан» емес, төмендегі «мыңдардан» бастаған нәтижелі ме деймін. Ең қарапайым сұрақ, жүргізуші куәлігін оқып-тоқып, емтиханнан сүрінбей өтіп, ешқандай ақша, қаражатсыз алған қайсымыз бармыз? Немесе дәрігерлердің алдынан өтуге ерініп, медициналық анықтама қағазын «сатып ала салуға» бейілді болып тұратын кім?! Көліктің техникалық бақылауына пара ұсына салатын тағы өзіміз емес пе?! Тендерге қатысты «шапка», «рахметі болады», «еңбегіңді жемеймін», қызметке тұру үшін айтылатын «вставка» деген небір жаргон тіркестер жайдан-жай туа қалып па?! Бұл ретте ел Президентінің жемқорлықпен күресте ешқандай аяушылық болмайтыны туралы пәрмені өз нәтижесін берері анық.

Мемлекет қамқорлығын сезіне отырып немесе мемлекеттік қызметте жүріп өз ісіне сенімсіз, былай шыға бере жамандай жөнелуге бүйрегі бұрып тұратын мамандарды, түрлі сала қызметкерлерін көргенде амалсыздан тағы күйінуге тура келеді. Отбасы, ошақ қасында күңкілмен жүріп, кеңесінде отаншыл кейіпке енетіндердің әрекеті екіжүзділік емей немене?! Айдың, күннің аманында, бейбіт заманда «мемлекетке опасыздық жасау», «сатқындық», «билікті күшпен басып алу» секілді айыптауларды естігенде еріксізден жағамызды ұстадық. Дәл осындай келеңсіз көріністердің жиынтығы, шоғыры айналып келіп, Тәуелсіздік тұғырын теңселтті. Бұл – өте қауіпті! Мұндай олқылықтарды сыртқы күш билік өз алдына, халық өз алдына өмір сүріп жатқандай етіп көрсетіп, өз мақсаттарына тиімді пайдаланып кетуі әбден мүмкін-ақ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі жағымпаздық мәселесіне қатысты тоқетер сөзін екі жыл бұрын айтқан еді. Ресейдің танымал журналисі Алексей Пивоваров Қасым-Жомарт Кемелұлына жағымпаздыққа байланысты сауал қойғанда: «Білесіз бе, маған ешкім жағымпазданбайды. Бәлкім, мен ондайды ұнатпайтын болғандықтан шығар? Ұнатпау былай тұрсын, мен ондайды жақтырмаймын. Қазірдің өзінде жағынуға тырысып жатқандар бар. Мысалы үшін, Өзбекстанға барып қайтқаннан кейін: «Тамаша», «Мұндай ешуақытта болмаған», «Түр-тұлғаңыз керемет», – деген сияқты сөздер айтылды. Мен ондайды елемеуге тырысамын. Жауап бермеймін. Естімеген адамдай өте шығамын. Өйткені, бұл мақтау сөздердің көк тиындық құны жоқ. Ең басты сыншы ол – өзің. Мен қай жерде қателескенімді, қай жерде жарқырап көріне алмағанымды жақсы білемін. Бұл жағынан келгенде, мен өз-өзіме сыншымын. Тіпті, қатал сыншымын деуге болады», – деп жауап берді.

Отанды сүю, ел, жер үшін бәріне дайын болу – XXI ғасыр жастарына артылған ең қасиетті борыш. Өкініштісі, қазіргі таңда патриоттық сезім сөніп барады. Отаншылдық рух дарыту саңырауқұлақша қаптаған шаралардың қағаз жүзіндегі бір мақсаты ғана болып қалды. Президент айтқандай, Отан үшін бәріне даяр азаматтардың саналы таңдауы – армия. Қасым-Жомарт Кемелұлы баса назар аударуды қажет ететін тағы бір мәселе – әскерге барудан жастардың қашатынын сөз етті. Бұл да шұғыл реттеуді қажет ететін қауіпті үрдіс. «Көптеген жас азаматымыз Қарулы Күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия. Бұл – Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек», – деді Мемлекет басшысы.

Қалай десек те, Қаңтар толқуы Қазақстанда сіреспе көпжылдық сеңді қозғады. Ендігі міндет – бейбіт шеруге шыққандарды ажыратып, жаппай тәртіпсіздікке ұластырған кінәлілерді, террорлық шабуыл жасағандарды тауып, теріс пиғылды топ мүшелерін жазаға тарту. Бұл орайда құзырлы мекемелер әділдіктен ауытқымайды деп сенім артамыз.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№21
(19016)

Beısenbi,
17 aqpan,
2022 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

▲ ИНВЕСТИЦИЯ

Алматы облысында А+ класты автоматтандырылған, алаңы 200 мың шаршы метр болатын Қазақстандағы ірі логистикалық хаб салынады. Соның нәтижесінде облысқа 200 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылып, 1,5 мың жұмыс орны ашылады. Облыс әкімі Қанат Бозымбаев пен «AIRBA FF» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы, «Технодом» компаниясының негізін салушы Эдуард Ким осындай меморандумға қол қойды.



ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБ АШЫЛАДЫ

Кездесуде Қанат Бозымбаев осы ірі инвестициялық жобаны іске асыру өңірдің логистикалық әлеуетін дамытып қана қоймай, тұтастай алғанда облыс экономикасына мультипликативті нәтиже беретінін атап өтті.

– Бұл бұрын Алматы облысында болмаған өте тартымды әрі маңызды жоба. Заманауи цифрлық технологияларды қолдану ерекшелігін ескерсек, нағыз жаңа дәуірге лайық деуге болады. Біріншіден, біздің аграрлық саладағы шаруашылықтарымыздың өз өнімін өткізуіне жағдай жасайды. Еліміздің агроөнеркәсіптік кешеніндегі өнім көлемінің 28-30%-ін Алматы облысы өндіретінін ескерсек, бұл – біз үшін үлкен мүмкіндік. Екіншіден, шағын және орта бизнесті қаржылай қолдауға жаңа мүмкіндіктер тудырады. Сонымен қатар инвестор компания Талдықорған қаласындағы колледждердің бірінің базасында IT мамандар дайындайтын оқу орталығын ашады. Бұл цифрлық машықтарын жетілдіріп, дуальді оқытуды дамытуға ықпал етеді. Әрине, өңір экономикасы үшін салық түсімдері де маңызды. Дегенмен біз үшін халықтың мүддесі алдыңғы орында. Кешен 1500 адамға жұмыс береді. Нысан орналасатын Іле ауданында 300 мыңнан астам адам тұрады, ал облыстағы халық саны 2 млн. 200-ге жетті. Логистикалық кешен жаңа жұмыс орындарының ашылуына, заманауи технологиялар мен қаржылай қолдау құралдары аясының кеңеюіне жағдай жасайды. Жобаға барлық кезеңінде барынша қолдау көрсететін боламыз, – деді Қ. Бозымбаев.

Өз сөзінде Эдуард Ким бастамаларына қолдау көрсеткені үшін облыс басшылығына ризашылығын білдіріп, жобаның ерекшеліктеріне тоқталды.

– Біздің компаниямызға сенім білдіргеніңізге алғыс айтамын. Бүгінде өмір сүру сапасын арттыру, әсіресе, жастардың өмір сүру деңгейін көтеру – басты мақсат. Біздің компания қызметкерлерінің орташа жасы – 28 жас. Біз жастардың оқуына, арнайы мамандық алуына, қызметтік баспалдақтарға көтерілуіне, лайықты жалақы алуларына жағдай жасап келеміз. Логистикалық хаб құрудың да негізгі мақсаты осы. Біз облыстың инфрақұрылымын дамытуға назар аударып, экономиканың түрлі салаларын цифрландыруға көмектесеміз, – деді Э. Ким.

Қол жеткізілген келісімге сәйкес маңызды инвестициялық жоба алдағы 5 жылда бірнеше кезеңмен іске асырылады. Кешен Іле ауданында орналаспақ.

Өзінің негізгі функциясымен қатар нысан клиенттер тарту мен өнімдерді орналастыруға арналған «Airba Marketplace» онлайн-сөресін пайдалануға жағдай туғызады. Сол сияқты «Airba Fintech» онлайн-платформасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып ауылшаруашылығы тауар өндірушілері жеңілдікпен қаржыландыру мен айналым қаржысын толықтыруға қол жеткізе алады, өз тауарларын делдалдардың қатысуынсыз ірі сауда желілерінде сату жөніндегі келісімшарттар жасаса алады, ал жас мамандар тұрғын үй сатып алуға немесе баспана жағдайын жақсартуға қолжетімді ипотека ала алады. Бұл қызметтерге жүгіну үшін қаржы институттарына барудың, мәліметтерді қағаз жүзінде апарудың қажеті жоқ, қызметтер онлайн-режимде көрсетіледі.

Жалпы «AIRBA FF» ЖШС – цифрлық технологияларды топтастырумен қатар қойма инфрақұрылымын, курьерлік жеткізу қызметін, тапсырысын клиенттің өзі барып алатын пункт ретінде де нақты секторда жұмыс істейді. Бұл – қоймалау, магистралды логистика, клиенттер мен серіктестерге жеткізіп беру ісімен айналысатын еліміздегі тұңғыш оператор.

ЕКІ ЗАУЫТ САЛЫНБАҚ

Облыс әкімі Қанат БОЗЫМБАЕВ «Технониколь» трансұлттық корпорациясының өкілдерімен кездесті.

Компания Талғар ауданының аумағында жылу оқшаулау материалдарын шығаратын екі зауыт құрылысын биылғы жылдың сәуір айында бастауға ниетті. Кездесуде инвесторлар инженерлік инфрақұрылым мәселесін шешуге қолдау көрсетуді сұрады. Өткен жылы жасалған ынтымақтастық туралы меморандумда кәсіпорындар аумағын электр, су, газ, кәріз желілерімен, кіру жолымен қамту, темір жолды іске қосу жұмыстары қарастырылған.

Кездесу барысында зауыттар орналасатын «Қайрат» индустриалды аймағына темір жол, су, кәріз, электр жүйелерінің тартылғаны, тек іске қосып тексеру жұмыстарының қалғаны белгілі болды. Көктемде топырақ және қиыршық тас төгу арқылы жол төселеді. Сол сияқты газ құбырын тарту мәселесі шешіледі. Жобаға сәйкес дуальді оқытуға мүмкіндік беретін оқыту орталығын ашуға қажетті колледж Талғар ауданының аумағынан ұсынылатын болады.

Қанат Бозымбаев тиісті сала басшыларына жобаны іске асыруға қажетті жұмыстарды жылдамдатып, инфрақұрылымдармен қамту ісін ширатуды тапсырды.

– «Технониколь» – танымал компания және облыс үшін маңызды инвестор. Екі зауыттың ашылуы нәтижесінде өңірде жаңа технологиялы құрылыс материалдарының өндірісі іске қосылып, жаңа жұмыс орындары құрылады. Бұл өз кезегінде облыс экономикасының өсіміне оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын, – деді Қ. Бозымбаев.

Жалпы «Технониколь» компаниясы нарықта 30 жылға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Корпорация құрамындағы 58 зауытта 3 мыңдай өнім түрі шығарылып, тауарлары 95 елге экспортталады. Талғар ауданында орналасатын екі зауытқа жалпы құны 44 млрд. теңге инвестиция тартылады деп күтілуде. Кәсіпорындар жылу оқшаулау материалдарын өндіреді. 200-ден астам жұмыс орнын ашатын қос зауыттың жалпы қуаты жылына 1,9 млн. м3 болмақ. Іске асыру мерзімі – 2023 жылдың тамыз айы.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

▲ ҚҰРЫЛЫС

Жергілікті компанияларға жағдай жасалады

Облыс әкімі Қанат БОЗЫМБАЕВ аймақтағы мердігер ұйымдар, жобалаушы компаниялар мен құрылыс материалдарын өндірушілердің өкілдерімен кездесіп, құрылыс саласындағы толғақты мәселелерді талқылады. Жиында Алматы облысы мен қаласында тіркелген құрылыс компанияларының мемлекеттік сатып алуға қатысуы, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен бағасы және облыс аумағында өндірілетін материалдарды құрылыс жұмысына қолдану мәселесі қаралды.

Қажет АНДАС

Облыс әкімінің айтуынша, жергілікті құрылыс компанияларын қолдау мен облыс бюджетіне түсетін салық түсімін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар жаңа қадамдар жасалмақ. Ол үшін нысандарды салуға негізінен жергілікті құрылыс ұйымдары тартылатын болады. Сондай-ақ, құрылыс-монтаждау жұмыстарының бағасы мен сапасына бағытталған қадағалау күшейтіледі.

– Бәріңізге белгілі, осыған дейін аймақтағы құрылыс объектілерінің денін өзге облыстағы мердігер компаниялар еншілеп келді. Соның салдарынан жауапкершілікті қадағалау мен сапаға мән беру жағынан көп кемшіліктер орын алды. Осы жағдайларды ескере отырып, алдағы уақытта облыста тіркелген құрылыс компанияларына басымдық беретін боламыз. Сондықтан мердігер компаниялардан жобалау-сметалық құжаттаманың сапасын қамтамасыз етумен қатар жобаланатын объектілердің құнын төмендетуді талап етеміз. Облыс аумағында құрылыс материалының барлық түрін өндірумен айналысатын көптеген кәсіпорын бар. Сондықтан салынатын нысанның жобалық құжаттамасын аймағымызда өндірілетін сапасы жоғары, бағасы арзан материалдардың бағасы бойынша жасауды және жергілікті жабдықтарды қолдануды қамтамасыз ету қажет. Бұл аймақтағы құрылыс саласын дамытуға үлкен үлес қосып, серпін беретін болады, – деді облыс басшысы.

Облыстық құрылыс басқармасының басшысы Дәурен Жолжановтың айтуынша, өткен жылы құрылыс басқармасы бюджетінің көлемі 69,7 млрд. теңгені құрап, 750 нысанның құрылысы жүргізілді. Биылға ауысатын 475 нысан бар. Ағымдағы жылы құрылыс саласына 69,4 млрд. теңге бөлініп, 517 нысанның құрылысы жоспарланған. Жыл соңына қарай 458 нысанды пайдалануға беру жоспарлануда. Жалпы құрылыс жұмысы кесте бойынша жүргізілуде. Өкініштісі, құрылыс жұмысы қарқынды болғанымен мердігер компаниялардың көбі басқа облыстан болғандықтан салық түсімдері табиғи түрде сол аймаққа кетеді және жергілікті халық тұрақты жұмыспен қамтылмай қалады. Бүгінде аймақтағы барлық құрылыс-монтаждау жұмыстарын 83 мердігерлік ұйым жүзеге асырып жатса, оның 32-сі облыс құрылысшылары. Соған орай туындайтын қиындық көп. Бұл жұмыссыздардың санын көбейтеді. Сондай-ақ, авторлық және техникалық қадағалау тұрғысынан келгенде артық шығындарды шығаруға тура келеді. Мұның өзі құрылыс нысандарына жұмсалатын қаржының көбеюіне әкеліп соғады.

Бұдан былай облыста тіркелген құрылыс компаниялары мемлекеттік сатып алуларға белсене қатысатын болады. Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы жергілікті құрылыс компанияларына қолдау көрсетеді. Ал жергілікті мердігер компаниялар өз кезегінде әлеуметтік жауапкершілікті арқалайды. Бұл жұмысты үнемі назарда ұстау облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов пен облыстық құрылыс басқармасы мен облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшыларына тапсырылды.

Тағы бір назар аударатын жағдай, көптеген құрылыс-монтаждау жұмысының сапасы сын көтермейді. Осыған дейін тұрғын үй, денсаулық сақтау объектісін, мектеп пен әлеуметтік нысандарды салу үшін мол қаражат бөлініп келген. Енді сондай құрылыс нысандарын салуға бөлінген қаражаттар қайта қаралып, артық шығындар қайтарылатын болады. Жиында сөз алған облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Данияр Әбдібеков құрылыстың сапасы тұрғысында заң бұзушылықтар анықталып, әкімшілік айыппұлдар салынғанын тілге тиек етті.

Жиын соңында аймақ басшысы мердігер ұйымдар, жобалаушы компаниялар мен құрылыс материалдарын өндірушілердің ұсыныс-талаптарын тыңдап, мәселені ақылдаса отырып шешіп, облыстың дамуы үшін біркісідей жұмыла жұмыс істеу қажеттігін қадап айтты.

БАҒА

Бүгінгі күннің басты мәселесінің бірі – азық-түлік бағасын тізгіндеу. Осы мәселені шешу мақсатында аудан көлемінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын үнемі бақылауда ұстау үшін арнайы жұмыс тобы құрылды.

БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс әкімі Қанат Бозымбаевтың тапсырмасы негізінде құрылған аталмыш топ төрағасы аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Дәрібаев, оның орынбасары аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Дархан Төлеубек, хатшысы кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Қарлыға Жинақбаева. Сонымен бірге арнайы бекітілген бірнеше топ мүшелері бар.

Арнайы құрылған топ мүшелері аудан орталығы мен Миялы, Бақбақты, Бірлік, Ақдала, Береке, Ақжар, Желторанғы, Топар, Балатопар ауылдық округтерін аралап, дүкен сөрелеріндегі азық-түлік бағасының тұрақтылығын бақылап қайтты. Аралау барысында топ мүшелері сауда-саттықпен айналысып жүрген кәсіпкерлерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын қымбаттатпаудың маңызын түсіндірді. Сондай-ақ, аудан көлеміндегі барлық ауылдық округ әкімдеріне осындай топ құрып, баға тұрақтылығын бақылауда ұстау тапсырылды.

Сатушылардың айтуынша, азық-түлік бағасы төмендегелі бері тұтынушылардың қарасы көбейіп, дүкен сөрелеріндегі тауарлардың өтімділігі артқан. Азық-түлік бағасының көтерілуі – халықтың тұрмыс-тіршілігіне теріс әсер етеді. Сол себепті арнайы құрылған топ мүшелері күнделікті тұтынатын өнім бағасын бақылауда ұстауда өздеріне жүктелген міндетті талапқа сай атқаруда.

Б. ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы

▲ ӘЛЕУМЕТ

ЖӘРМЕҢКЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ тапсырмасын орындау мақсатында Үштөбе қаласындағы орталық базарда халық тұтынатын азық-түлік тауарларын төмендетілген бағамен сататын жәрмеңке ұйымдастырылды. Мұнда қой, сиыр, жылқы еті, балық, жұмыртқа, күнбағыс майы, көкөніс түрлері саудаланды.

Аудандық әкімдік азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында Үштөбе қаласындағы ірі дүкендер мен наубайханалардың 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының бесеуін «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының тұрақтандыру қорынан төмен бағада сатып алды. Нақтырақ айтар болсақ, арзандатылған бағамен 65 тонна 1-сұрыпты ұн, 6,2 тонна қант, 1,8 мың литр күнбағыс майы, 1,3 тонна кеспе, 3,2 мың дана тауық жұмыртқасы жеткізілді. Осы шаралардың нәтижесінде, қаланың барлық дүкенінде нанның бағасы 120 теңгеге дейін төмендеді, әлеуметтік маңызы бар нан 100 теңгеден сатыла бастады.

Үштөбе қаласындағы «ЛАД», «Үштөбе», «Мақсат», «Эврика», «Империя» секілді ірі дүкендерде қант бағасының келісі 290 теңге, күнбағыс майының бір литрі 670 теңге, 400 грамдық кеспе 85 теңге, тауық жұмыртқасының он данасы 400 теңгеден саудалануда.

Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында аудан әкімдігі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларының күнделікті мониторингін жасады. Бір айта кетерлігі, сауда үстемесі шекті мәннен 15 пайыздан асатын сатушылар анықталған жағдайда материалдар әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін ҚР Бәсекелестікті дамыту және қорғау агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментіне жолданатынын айтып, кәсіпкерлерге үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Аудан көлемінде бағаны тұрақтандыру бағытында әкімдік тарапынан қажетті шаралар қолға алынды.

А. БАҚЫТҰЛЫ
Қаратал ауданы

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

НАҚТЫ ЖОСПАР ЖАСАУДЫ ТАПСЫРДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы жұмысты қала әкімдігімен бірлесіп жолға қою керек, – деді Қанат Бозымбаев.

Облыс әкімінің назар аударған мәселесін жүйелі шешуге «Суфле Қазақстан» ашытқы зауытының басшылары уәде берді. Жалпы, бұл зауыт 1991 жылдан бері жұмыс істейді. Жылына 80 мың тонна ашытқы өндіруге қауқарлы. 2021 жылы 75 695 тонна өнім шығарып, оның 18 мың тоннадан астамын экспортқа шығарған.

Әкім арнайы барған тағы бір нысан – қаланы жылу мен электр қуатымен қамтамасыз етуші «Текелі энерго кешен» іргелі кәсіпорыны. Өткен жылы мұнда сағатына 183 600 118 кВт электр, 137 952,4 Гкал жылу өндірілген. Қалаға жылу мен жарық беріп отырған кешенді газға қосу қаншалықты тиімді екені сарапталып, қарастырылатын болады.

Осы кәсіпорынның серіктесі ретінде алдағы мамыр айында құрыш өндіретін жаңа зауыт іске қосылмақ. «Электромарганец» ЖШС қолға алып отырған бұл жобаға шамамен 23 млрд. теңге инвестиция тартылады. Кәсіпорын жылына 120 мың тонна құрыш өндіретін қуаттылыққа ие. Облыс әкімі жаңа жобаның аяқ алысымен танысып, бастамаға сәттілік тіледі.

Қаладағы № 3 орта мектеп 1956 жылы тұрғызылған. Аумағы 1,8 мың шаршы метрлік білім мекемесіне 1991 жылы қосымша ғимарат салынды. Нысанның жағдайымен танысқан Қанат Бозымбаев тиісті сала басшыларына мектептің күрделі жөндеу жұмыстарын сапалы жүргізуді тапсырды.

Текелі қаласындағы апатты үйлердің де мәселесі кезең-кезеңмен шешіледі. Төле би көшесіндегі апатты деп танылған бірнеше үйдің тұрғындары қаладағы басқа пәтерлерге көшіріліп, сүрілген үйлердің орнына көпқабатты үйлер салынады. Бұл туралы Қанат Бозымбаев осы апатты үйлердің тұрғындарымен тілдескен кезде айтты.

«Алдымен тұруға аса қауіпті деген үйлерден бастайық. Сол үйлердің тұрғындарына қалада сатылатын пәтерлерден баспана алып беріледі. Ал сүрілген үйлердің орнына көпқабатты типтік үлгідегі тұрғын үйлер салу керек. Шамамен екі жылдың ішінде апатты үйлердің мәселесі толық шешіледі», – деді ол тұрғындармен әңгімелесу барысында.

Сапар жоспарындағы жиынға келген Қанат Бозымбаев залда отырғандардан «Араларыңызда қарапайым тұрғындар бар ма?», – деп сұрады. Ешкім қол көтермеді.

– Қала тұрғындарын неге шақырмайсыздар? Бүгін мен мемлекеттік қызметкерлермен бір-бірімізге әңгіме айтайық деп келген жоқпын. Осындай жерде халық өз мәселелерін айтып, сұрақтарын қоюы керек. Ескі әдеттен арылыңыздар, елден қашпаңыздар. Жаңа Қазақстан мүддесіне сай қызмет атқарыңыздар! – деп Қанат Бозымбаев қала әкімі Батыр Молдахметовке ескерту жасады.

Дегенмен, жиында қарапайым халық болмаса да олардың сұрақтары қала әкімі Батыр Молдахметовтің алдынан бәрібір шықты. Облыс әкімі әлеуметтік желілерде Текелі қаласына қатысты жиі жазылатын проблемаларды қала әкімі қалай шешіп жатқанын сұрады. Батыр Молдахметовке қаладағы қоғамдық көліктің жүрісі, қала көшелерінің сапасы, көшедегі жарықтың жоқтығы, балалар үйірмесі, азық-түлік бағасы, базардағы тазалық, көбейіп кеткен қаңғыған иттер, қоқыс жинау жұмыстары, денсаулық саласы, адам өлімінің көптігі, қала экологиясы жайында жауап беруге тура келді.

– Текелінің моноқала ретіндегі әлеуетін айқындап, талдау жасау керек. «Туристік қала ретінде дамытсақ» деген жалпылама сөз. Тау шаңғысы курортына, салынатын нысанға, жүргізілетін инфрақұрылымға, келетін инвесторға нақты жоспар болуы керек. Миллиардтаған ақшаға скважина қазамыз дейсіздер, егер, өздеріңіз айтқандай, су қоры жеткілікті болса судың сапасын жақсарту үшін мүмкін су тазартқыш құрал алған тиімді шығар. Бюджет қаржысын орынсыз ысырап етпей қайсысы дұрыс, сол жағын облыстағы мамандармен бірлесіп сараптаңыздар. Орталық алаңды абаттандырумен ғана айналыспай қаланың шеткі аймақтарына да назар аудару керек, – деді Қанат Бозымбаев.

Жиында радиоактивті қалдықтар жинақталған жердің құнарлылығын қалпына келтіру, қалалық Мәдениет үйін күрделі жөндеу, Ескелді ауданымен шегарадағы карьердің экологиялық талапқа сай болуы және басқа да мәселелер көтеріліп, шешімі талқыланды.

– Текеліде өнеркәсіп пен инфрақұрылымдарды дамыту, қаланың туристік әлеуетін арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы халықтың әл-ауқатын көтеру керек. Облыста тау туризмі мен жағажай туризмін дамытудың мастер-жоспары әзірленіп жатыр. Соған Текеліні де енгізейік. Ол осы саланы дамытуда басшылыққа алатын құжат болады, – деді Қанат Бозымбаев.

Облыс басшысы бір айдан кейін Текеліге тағы да арнайы келетінін, оған дейін қаланың дамуына қатысты нақты жоспарларды жасауға тапсырма берді.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

▲ БРИФИНГ



ҮЙІРМЕЛЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ НЕГЕ ТОҚТАДЫ?

"JetisýMedia" ақпараттық алаңында өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Арслан ДӘНДІБАЕВ балаларға арналған үйірмелер мен секцияларды жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша туындап отырған мәселенің мән-жайын егжей-тегжейлі баяндады.

Алма ЕСЕНБАЙ

– Бұл бағдарламаны толықтай тоқтатқан жоқпыз. Бірақ, қазіргі таңда қаржыландыруға қаражат болмай тұр. Оған себеп, биылғы жылы үйірмеге қатысушы балалардың санының күрт артуы. Соған орай қомақты қаржы қажет. Ал, жергілікті бюджет үшін бұл үлкен шығын. Өйткені, одан басқа да маңызды мәселелер бар. Жыл сайын қаншама мектеп, балабақша, жол саламыз. Бүкіл қаражатты бір салаға бөле алмаймыз ғой. Осы ақпан айының өзіне үйірмелер жұмысы үшін берешек қарызымыз 1,5 млрд. теңгені құрайды.

Бұл біздің облысымызға ғана емес, басқа өңірлерге де тән мәселе. Осыған орай күні кеше Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Аида Балаеваның төрағалығымен онлайн режимде жиын өтті. Оған барлық өңірлер қатысты. Наурыздың 10-ына дейін барлық жағдайды сараптап, Президент Әкімшілігіне есеп береміз. Ол Мемлекет басшылығына жеткізілетін болады. Сонда қабылданған шешімнің жауабын күтеміз. Алда өтетін мәслихат сессиясында да бұл мәселе қаралады. Өйткені, қысқа мерзімде шешімін табуымыз керек, – деді Арслан Момышұлы.

Баспасөз мәслихатында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Марлен Көлбаев сөз алып, аталмыш бағдарлама бойынша өткен жылы 48516 бала үйірмемен қамтылса, биыл 57600-ге жетіп отырғанын жеткізді. Қаңтар айының өзінде ғана 9 мың бала тіркелген.

– Шындығын айтқанда бұл үлкен күдік тудырады. Үйірмеге қатысатын балалар саны күннен күнге артып барады. Әр бала екі үйірмеге қатыса алады. Бір үйірмеге 8000-12000 теңге аралығында қаржы төленеді. Бұл үйірме ашқан кәсіпкерлер үшін тиімді болғанымен мемлекетке үлкен шығын. Сондықтан да бағдарламаның осы бір тұсын қайта қарау керек. Біз кәсіпкерлерді тексере алмаймыз. Олар баланы ЖСН арқылы электрондық базаға тіркейді. Құжат жүзінде бәрі дұрыс болғандықтан біз қаржысын аударамыз. Ал, шындығында осыншама бала үйірмемен қамтылып жатыр ма, ол жағын білмейміз. Сондықтан да дабыл қағып, бұл мәселенің анық-қанығына жетуді жөн көріп отырмыз. Өйткені, мұны өзінің бас пайдасына икемдеп отырған кәсіпкерлер бар, – деді ол.

Басқарма басшысының айтуынша, балаларды үйірмемен қамту үшін былтыр 1 млрд. 540 млн. теңге бөлініп, толық игерілген. Биылға 115235 ваучер берілген. Бұл үшін 2 млрд. 400 млн. теңге қаражат қарастырылып, қаңтар айына толық төленген. Бірақ, ақпан айына төлеуге қаражат жетпейді. Сондықтан министрлікке хат жазып, келісімімен 14 ақпаннан бастап ваучер беру тоқтатылған. Үйірме жұмысын жүзеге асырып отырған 260 жеке кәсіпкер бар. Оларға 1 наурыздан бастап қаржыландырудың тоқтатылатындығы туралы ескерту жасалған. Қаражат мәселесі шешілген жағдайда ары қарай да қаржыландыру жалғасады. Бірақ, осы жылдың өзіне 14,5 млрд. теңге қажет.

Брифингте облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев жан басына шаққанда қаржыландыру бойынша облысымыздың спорт саласында 159 жеке кәсіпкер 40 мыңға жуық жасөспірімді 20 спорт түрімен қамтамасыз етіп отырғанын мәлімдеді. Бұл мақсатқа биыл 2 млрд. теңге бөлінген. Ол 16 мың балаға жылдың аяғына дейін жетеді деп жоспарланған. Наурыз айына 41 мың балаға сұраныс келіп түскен. Бөлінген қаражат 4 айға ғана жетеді. Басқарма тарапынан бұл жұмысты тоқтатпай ары қарай жалғастыру жолы қарастырылуда.

Жиын соңында журналистер сұрақтарына жауап берген спикерлер кәсіпкерлерді шығынға ұшыратпайтындай, еліміздің болашағы балаларымызды қосымша біліммен қамтып, мемлекетімізге де шығын келтірмейтіндей бағдарламаның тиімді жақтары қарастырылып, мемлекеттік деңгейде шешімін табатынына сенімділік білдірді.

▲ АУЫЛ ТЫНЫСЫ

Іскер әйел

Қазір ортамызда қай іске болсын белсене кірісіп, кез келген шаруаны ұршықша үйіріп әкететін қыз-келіншек көп. Қолынан іс келетін нәзік жандыларды аймақтың әр түкпірінен кездестіруге болады. Тіпті, үй шаруасында отырған әйелдер де бизнеске тартылып, кәсіп үйренуге талпынуда.

Осы ретте Алмалы ауылының тұрғыны, кәсіпкер Ләззат Етекбаеваның бүгінгі атқарып отырған жұмысы көңілге қуаныш ұялатады. Тағдырдың жазуы шығар, жолдасы өмірден озып, бүгінде шаруашылықтың бар жұмысын өз қолына алған. 2007 жылы он екі шаруашылық бірігіп, «Нұралан» деп аталатын жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылған. Қазір қожалықта 335 гектар жер бар, оның 140 гектары тәлімдік, қалғаны суармалы алқап. Шаруашылық ісін жүргізетін қажетті техникамен де қамтамасыз етілген. Бастапқыда майбұршақ, кейіннен жоңышқа, арпа, бидай егіп, былтырдан бері жүгері өсірумен айналыса бастапты. Одан алынған өнім ойдағыдай.

Кәсіпкер келіншектің сөзінше, жерді тоздырмау үшін ауыспалы егістік жүйесін сақтауға баса мән беріледі. Ол үшін агрономның ақылкеңесіне жүгінеді. Сондай-ақ, ол соңғы кездері егін шаруашылығында су тапшылығының орын алып жатқанын және бұл айтарлықтай проблемаға айнала бастағанын сөз етті. Сонымен бірге, кәсіпкер мал шаруашылығымен шұғылданады. Серіктестікте қазір екі жүз бас ірі қара бағылады. Жиырма шақты адам жұмыспен қамтылған. Жетім-жесірлерге де көмек қолын созуды назарынан тыс қалдырған емес.

Бүгінде кәсіпкердің Елнұр, Еламан, Назерке, Алан есімді ұл-қыздары, Айару, Нұрислам, Айкүнім, Әлім, Ару атты немерелері бар. Ләззат Жанұзаққызына шаруашылықтың жұмысын жүргізуге көбіне ұлы Еламан көмектеседі. Кәсіпкер әйел осылайша көптеген әйелге үлгі болып, өңір мақтанышына айналуда.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Сарқан ауданы



▲ СЕМИНАР

ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕЙІК

Көксу ауданында «Тарих сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» тақырыбында облыстық семинар өтті. Шараға Көксу, Ақсу, Кербұлақ аудандарының мұғалімдері қатысты.

Семинар тақырыбы қазіргі таңда өте өзекті. Жиында заманауи оқыту тәсілдерінің тиімділігі, оқушының алған білімін болашақта қолдану мәселелері қозғалды. XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Баланың бойына қалай оқу керектігін үйретуді қалыптастырған жөн. Оқушыны тұлға ретінде дамыту үшін мұғалімнің бағыт беруші ретінде алатын орны бөлек. Бұл орайда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру дегеніміз – заман талабына сай өскелең ұрпақтың өмірге бейімділігі, халықаралық стандарт деңгейінде сапалы білім мен тәрбие алуының негізгі құралы. Айтайын дегенім – осындай ауданаралық семинарлардың мұғалімге тигізер көмегі көп. Өйткені, әр ауданның мұғалімдерімен іс-тәжірибе алмасып, керегін түртіп аласың.

Қазіргі замандағы тарих пәнінің міндеті – ақыл-ой әлеуеті жетілген, өткенді есте сақтай алатын адамды тәрбиелеп шығару ғана емес, өзінің ұлттық бастауын жақсы білетін, бұл дүниеде өзінің орнын таба алатын тұлғаны қалыптастыру. Кез келген ортада еркін пікір алмаса алатын, өз көзқарасын дәлелдеп, қорғай алатын белсенді азамат тәрбиелеу үшін оқыту үдерісінде жаңа тәсілдерді тиімді пайдаланған абзал.

Қорыта келе, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Тәуелсіз еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Сол білімді ұрпақты тәрбиелеу, оқыту – ұстаздың басты міндеті. XXI ғасырда білімді ұрпағымыз көбейе берсін, еліміз өркендей берсін!

З. БҮТІНШИНОВА,
Жоламан орта мектебінің тарих және география пәні мұғалімі
Кербұлақ ауданы

▲ СЕЛЕКТОР

ЭНЕРГЕТИКА — ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨЗЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ төрағалығымен энергетика және инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті. Оған Премьер-Министр Әлихан СМАЙЫЛОВ, Үкімет мүшелері, мемлекеттік органдар мен ұлттық компания басшылары және облыс әкімдері қатысты.

Қажет АНДАС

Алқалы жиынның өзектілігіне тоқталған Президент:

– Инфрақұрылым кешені экономиканың дамуына тікелей әсер етіп, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпалын тигізеді. Сондықтан бұл мәселеге мемлекет айрықша назар аударуда. Біз инфрақұрылымды жаңғырту үшін үнемі жұмыс жүргізіп келеміз. Кейінгі бес жылда осы салаға 800 млрд. теңгеден астам қаржы бөлініп, көп жұмыс істелді. Электр энергиясы және жылу, тұрғындарды газбен қамтамасыз ету жұмыстары жоспарлы түрде атқарылып келеді. Тұрғындардың жартысы көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Әдетте инфрақұрылым әлеуметтік-экономикалық және демографиялық өсімнен бір қадам ілгері жүруі керек. Сондықтан энергетика кешенін нығайту мәселесі өте өзекті. Былтыр алғаш рет елімізде электр қуатының тапшылығы көрініс берді. Осыған байланысты шұғыл шаралар қабылдау керек. Ол үшін ең алдымен қолда бар электр энергиясы қорын жедел кәдеге жаратып, тиімсіз жұмсалуын доғарған жөн. Одан соң жаңа қуат көздерін іске қосып, энергетикалық тиімділігін арттырып, электр қуатын тарату тәсілін жетілдіру қажет. Осы салаға инвестиция тарту үшін оны реттеу саясатын қайта қараймыз. Ол үшін коммуналдық секторды жаңғырту мәселесіне баса назар аударып, тозығы жеткен желілер мен ескі құрал-жабдықтарды ауыстырып, жаңа технологияларды енгізіп, цифрландыру жұмысын қолға алуға тиіспіз, – деп атап өтті.

Жиын барысында Энергетика министрі Болат Ақшолақов, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев, Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин және басқалар баяндама жасап, энергетикасы саласы мен атом өнеркәсібін дамытудың перспективасын, энергия тиімділігін арттыру және электр энергиясы тапшылығын жою мәселелерін қарастырды.

– Бүгінгі таңда еліміздің электр энергиясы жүйесі өзінөзі теңгерімдеу режімінде жұмыс істеуде. Бұл ретте электр қуатының тапшылығы орын алғанын жасырмаймыз. Бұл жағдай тұтынушылар тарапынан жүктеменің өсуіне байланысты туындағаны анық. Өткен жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндіру көлемі 114,4 млрд кВт/сағ болды. Десе де электр стансыларындағы апаттық жағдайларға байланысты өткен жылдың маусым айынан бастап электрге тапшылық пайда болды. Осыған орай, кейбір субъектілерді электрмен шектеу шаралары енгізілді. Қазір цифрлық анықтау бойынша жұмыс жүргізілуде, –деді Энергетика министрі Болат Ақшолақов. Сонымен қатар теңгерімді тариф саясатын енгізудің нақты аспектілері мен электр энергетикасы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салалар ірі жобаларды іске асыру барысы талқыланды.

Әр тараптың пікірін толық тыңдап шыққан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын және қуат өндіруші стансыларды жаңғырту, жаңа технологияларды енгізу және саланы цифрландыру, электр желілеріндегі апаттарды азайту жөніндегі жоспарымен бөлісті. Сондай-ақ, Энергетика министрлігі мен Қаржы мониторингі агенттігіне еліміздегі заңсыз майнинг мәселесін түбегейлі шешуді тапсырды.

Жиыннан кейін облыс әкімі Қанат БОЗЫМБАЕВ облыстық мекеме, басқарма басшыларынан өңірдегі энергетикалық жағдай туралы сұрап, алдағы жоспарлар туралы баяндады. Әрі тиісті басқарма басшыларына электрмен қамтамасыз ету жағдайын қадағалап, қуат өндіруші стансылар құрылысын нығайтуды тапсырды.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан СМАЙЫЛОВТЫҢ басшылығымен өткен селекторлық жиында еңбек шарты мәселесі қаралды. Бейнебайланыс арқылы өткен жиынға облыс әкімі Қанат БОЗЫМБАЕВ қатысты.

ЕҢБЕК ШАРТЫ САҚТАЛУЫ ТИІС

Жиында еңбек заңдылығының сақталмауына байланысты әр жерде жұмысшылардың ереуілі орын алып жататыны тілге тиек етілді. Бұл көп жағдайда айлықтың төмендігі, еңбеккерлерге жағдайдың жасалмауы салдарынан орын алуда. Басшы мен жұмысшылардың келіспеушілігінің кесірінен бірнеше кәсіпорынның жұмысы тоқтаған. Нәтижесінде, ел экономикасы зардап шегеді. Соңғы екі жылда республика бойынша 51 еңбек шиеленісі орын алған. Барлық жағдайдың соңы кәсіпорынның жұмысты тоқтатуымен тамамдалған. Былтырдың өзінде елде осындай 20 жағдай тіркелген. Сараптаушылардың сөзінше, ереуілшілер өз құқықтарын талап етken. Еңбекақыны уақытында, атқарылған жұмысқа сай төлеуді сұраған.

Селекторлық жиында Үкімет басшысы салаға қатысты министрліктер мен облыс басшыларына қақтығысқа жол бермеу керектігін ескертті. Шиеленіс бола қалған жағдайда жұмысшылардың талабын орындау, мәселені ушықтырмау тапсырылды. Жиында тұрғындарды жұмыспен қамтуға баса мән беру керектігі айтылды. Еңбекке жарамды адамдарға екі қолға бір күрек табуына жәрдемдесу жергілікті атқарушы органның міндеті екені назарға салынды. Жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттырып, еңбек шартын сақтау жайы сөз болды.

Үкімет басшысы селекторда жұмысшылардың кәсіподағын құрып, олардың белсенділігін арттыруды тапсырды. Олар жұмысшылар мен басшылық арасына алтын көпір болуы тиіс. Еңбеккерлердің отбасылық жағдайы, олардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруын да кәсіподақ ұйымдастыра алады. Бұрындары кәсіподақтар қызметкерлердің балаларының жағдайын, өздерінің шипажайда демалуын да ойластыратын. Бүгінгі таңда осы қызметтің жоқтығы әлеуметтік жағдайды шешуде қолбайлау болуда.

Селекторлық жиын соңында Әлихан Смайылов Ұлттық экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірігіп, жергілікті атқарушы органның қызметін бағалауға баса мән беру керектігін тапсырды. Ол үшін жауапты басшылардың халыққа жақындығын назарда ұстау міндеттелді.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

▲ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

САПАЛЫ ӨНІМ сұранысқа ие

ҚР Премьер-Министрі Әлихан СМАЙЫЛОВТЫҢ төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көктемгі егіске дайындық жұмыстары пысықталды. Сонымен бірге, 2025 жылға дейінгі халық табысын арттыру бағдарламасы таныстырылды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жиында ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолақов, ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкенов, ҚР Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Марат Қарабаев, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, «Атамекен» ҰКП басқарма басшысының міндетін атқарушы Нариман Әбілшайықов, сондай-ақ, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Жамбыл облысы әкімдерінің баяндамасы тыңдалды.

Белгілі болғандай, ел бойынша биылғы егіс алқабының көлемі 23,1 млн. гектарды құрайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 125 мың гектарға жоғары. Өндірісті әртараптандыру және біртекті дақылдардан кету биыл да жалғаспақ. Осыған байланысты бидай алқабы 368,1 мың гектарға азаяды. Көктемгі егіс және орақ жұмысына берілетін бюджеттік несиенің мөлшері екі есеге өспек. Форвардтық сатып алу бағдарламасына енгізілген дақылдар саны кеңейтіліп, бөлінетін қаражат ұлғайтылған. Бүгінде Қазақстан картобына Өзбекстан мен Ресейде сұраныс жоғары.Осы ретте Өзбекстан бізден 300 мың тонна картоп сатып алуға дайын.

Жиында Әлихан Асханұлы тыңайтқыш бағасының күрт қымбаттауына байланысты сын айтты.

– Биыл тыңайтқыштардың бағасы 2 есеге өсті. «Қазфосфад» пен «Қазазот» бірден бағаны көтерді. Мұнымен біз келісе алмаймыз. Әрине, олардың инвестициялық бағдарламалары бар, модернизациялау жұмыстары жоспарланған. Біз оны қолдаймыз. Бірақ баға бірден өспеуі керек, – деді Үкімет басшысы. Сондай-ақ, ол аталмыш мәселені монополияға қарсы органның жіті зерттейтінін ескертті.

Облыс әкімдері көктемгі егіс науқанындағы қиындықтар туралы айтты. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов аймақтағы фермерлер тыңайтқыш пен импорттық техниканың қосалқы бөлшектерінің қымбаттауынан қиындықтардың сезіле бастағанын жеткізді. Ал Түркістан мен Жамбыл облысының әкімдері тыңайтқыштың қымбаттауы проблема болып тұрғанын мәлімдеді. Жамбыл облысының дикандары әзірге 52 мың тонна тыңайтқыш алу туралы келісімшарт жасаған. Осы орайда: «Жаңа ғана әріптестерімнің, өзіңіздің айтқаныңызды қолдаймыз. Баға 2,5 есе өсіп кетті. Осыған бір Үкімет тарапынан қолдау болса», – деді облыс әкімі Бердібек Сапарбаев.

Әлихан Асханұлы көктемгі егісті уақытылы әрі сапалы жүргізу маңызды міндеттің бірі екенін, өйткені бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзекті мәселе болып отырғанын атап өтті. «Қазір бүкіл әлемде ауылшаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс күн санап артып келеді. Сұранысқа сай оның бағасы да қымбаттап барады. Осыған байланысты ауылшаруашылығы өнімінің ішкі тұтынуын да, экспорттық әлеуетін де қамтамасыз ету – аса маңызды мәселе. Фермерлер басымырақ қаржыландыруды қамтамасыз ете отырып, сұранысы жоғары дәнді дақылдардың егістік алқабын ұлғайтуы тиіс. Бұл ретте, өнімді көп беретін және экспортқа шығатын дақылдарды егуге айрықша көңіл бөлу керек», – деді ҚР Премьер-Министрі.

Үкімет басшысы тыңайтқыштар мен пестицидтерді сатып алу құнының 50 пайызын субсидиялау әрі қарай жалғасатынын жеткізді. Сондай-ақ, тұқым сатып алу, қайта өңдеуге тапсырылатын дақылдар өндіру, су беру бойынша көрсетілетін қызмет құнын субсидиялау былтырғы шамада сақталатынын айтылып, техникаларды жаңартуда Үкімет несие мен лизинг үшін инвестициялық және пайыздық мөлшерлемені субсидиялау көлемін ұлғайтатыны белгілі болды.

Әлихан Асханұлы ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі мен әкімдіктерге әлеуметтік маңызы бар дақылдар мен жемшөптің қажетті көлемін себе отырып, ауылшаруашылығы жерлерін әртараптандыруды, минералдық тыңайтқыштарды өндірушілермен алдымен ішкі нарықты қамтамасыз ету мәселесін пысықтауды, ҚР Экология министрлігі мен әкімдіктерге ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерді жаз бойы сумен қамтамасыз етуді тапсырды.

Үкімет халық табысын арттыру бағдарламасын әзірледі. ҚР Премьер-Министрі бұл бағдарлама азаматтардың әл-ауқатын арттыру және әлеуметтік-еңбек саласындағы тәсілдерді жаңарту мақсатында әзірленгенін атап өтті. Мәселен, жаңа өнеркәсіптік кластерлер құру, шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылық қолдауды қамтамасыз ету, ірі кәсіпорындар маңында шағын және орта бизнесті дамытуға жағдайлар жасау есебінен өнеркәсіп пен кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтуды ұлғайту жоспарланып отыр. АӨК саласында жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында қосалқы үй шаруашылықтарын құру, инвестициялық жобаларды іске асыру және шағын несие беру тетігін кеңейту шаралары қарастырылған.

Аталған бағдарламаны іске асыру аясында табыстың сатып алу қабілетін қорғауға ерекше мән беріледі. Мектеп оқушылары, колледж түлектері арасында кәсіптік бағдар беру енгізіледі. Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, ғылым салалары қызметкерлерінің орташа жалақысы көтеріледі. 2025 жылға дейін 2 млн. жаңа жұмыс орны құрылады.

Жиында елде мұнай-газ саласы үшін тауарлар өндіру жүйесінің құрылатыны, биыл 500 мың тонна полипропилен өндіретін зауыттың іске қосылатыны, 2025 жылға қарай 13 су электр, 34 жел,12 күн стансыларының салынатыны, 1 мың инженер шетелдік зауыттарға тағылымдамаға жіберілетіні сөз болды. Бұған қоса, фрилансерлердің қызметі цифрлық форматқа өткізілетіні, елде қолдауға мұқтаж азаматтардың портреті әзірленетіні, барлық аймақта әйелдерді қолдау орталықтарының құрылатыны, сұранысқа ие мамандықтар тізімі жыл сайын жаңартылатыны назарға алынды. Сондай-ақ, елде баспана кезегінде 590 мың адам тұрғаны тілге тиек етілді. Оның ішінде 69,3 мың әлеуметтік осал жағдайдағы азаматтар бар. Осы мұқтаж жандарды қолдау үшін оларға мемлекет қаражаты есебінен нарықтан баспананы жалға алу құнының жартысын өтеу ұсынылмақ. Инфрақұрылымдық жобаларды одан әрі іске асыру үшін 160 мыңға дейін жеке жер учаскесіне қажет инженерлік инфрақұрылым жүргізілетіні айтылды.

▲ КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!

Алдымен, айтарым, Қаңтар оқиғасы бүкіл қазақтың көтерілісі емес. Сыртқы саяси күштер мен іштегі кландардың мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекеті. Ресейде Мәскеуде және өзге қалаларында бір мезгілде жүз мыңдаған адам митингіге шығады. Бірақ мұны олар бүкіл Ресей халқының іс-әрекеті демейді. Бар болғаны оппозициялық күштер ұйымдастырған шара деп таниды.

КЛАНДАР ПРОБЛЕМАНЫ ӨЗ МҮДДЕСІНЕ ПАЙДАЛАНАДЫ

Бізде бейбіт шерумен басталған батыстағы ағайындардың талап-тілегін сыртқы саяси күштер мен іштегі кландар басқа арнаға бұрып, ел ішін бүлікшілікке ұшыратты. Алматыда көшеге халық емес, түрлі әлеуметтік топтар шықты, бейбіт шеруге шыққан адамдармен қатар қылмыстық топтар, бұзақылар, ұрылар, теріс ағымдағы діншілдер, даңғазашылар иық тіресті ріп бірге жүрді.

Он сегіз, он тоғыз жасар курсант бозбалалардың басын кесіп алған, ауруханалардағы медбикелерді зорлаған, ұлттық музейдің есігін сындырып кіріп, сақ дәуірінен қалған баға жетпес баба мұра «Алтын адам» мен өзге де алтын-күміс жәдігерлерді алып кетпекші болған, қару-жарақ және арақ-шарап дүкендерін тонаған, әкімдіктер мен сауда-саттық орындарын өртегендер тобыр емей немене?!

Ағаш сойылдармен, темір арматуралармен қаруланған топтардың полиция машиналарын ғана емес, бейбіт тұрғындардың да көліктерін тас-талқанын шығарып, жағып жіберуін тобырлық әрекет демей, не дейміз?!

Әдетте көтерілістің идеясы, бағдарламасы, көсемі, көтерілісшілерді басқару штабы, қару-жарағы болады. Большевиктер көсемі Ленин: «Жер – шаруаларға, заводтар мен фабрикалар – жұмысшыларға, билік – советтерге!!!» деген ұранмен жұмысшылар мен шаруалар тобын көтеріліске жұмылдыра білді. Ал бұлардың ұраны «Шал, кет!» болды. Н. Назарбаевпен бірге Қ. Тоқаевты да кетіруді көздеді. Мақсатына жетсе сол тәртіпсіздікті ұйымдастырушылардың арасында тақталас соғысы басталатыны анық. Бірі Қытайға, екіншісі Ресейге, үшіншісі Батысқа, төртіншісі АҚШ-қа, бесіншісі мұсылмандық Шығысқа сүйенген кландар, қаржылық топтар президенттікке өз кісісін өткізу үшін бар күшін салады.

Мұның соңы азаматтық соғысқа апарып соқтырады. Оның жанында Қаңтар оқиғасы баланың ойыны сияқты болып қалады. Ондай жағдайда Путин: «Қазақстанда орыстарды өлтіріп жатыр!» деп дабыл қағып, әскер кіргізеді. Қытайлар біздің бәлен миллиард доллар жұмсап салған өндіріс орындарымызды қиратып: «Маман жұмысшыларды ұрып-соғып жатыр» деп дабыл қағып, оларды қорғау жасақтарын енгізеді. Мұның соңы егемен елдігімізден айырылуға апарып соғады.

Қазақстандық қоғамда әлеуметтік проблемалардың, тіл проблемасының, жемқорлық, рушылдық, жершілдіктің етек жайғаны ащы шындық! Бірақ бұларды тобыр шеше алмайды. Кландар бұл проблемаларды жалаулатып, өз мүддесіне пайдаланады. Ал халық болса еліміз аман, жұртымыз тыныш, бауырымыз бүтін болуын тілейді.

Арман ҚАНИ

▲ ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Панфилов аудандық әкімдігінің кіші жиынжайында «Алтын адам» Жетісу шеберлері» қоғамдық бірлестігінің кездесуі өтті. Оған аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бастығы Марат Іліпов, кәсіпкерлік бөлімінің бастығы Ілияс Асанбаев, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Панфилов аудандық филиалының директоры Дінмұхамед Азатұлы, «Алтын адам» Жетісу шеберлері» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Динара Серікқызы, Панфилов ауданының Іскер әйелдер қауымдастығы мен Іскер әйелдер кеңесінің филиал басшысы Суриям Ізімова және өңірдегі шеберлер қатысты.

ШЕБЕРЛЕР қолдауға мұқтаж

Қажет АНДАС

Бүгінгі таңда елімізде шеберлердің өнерін жаңаша жаңғыртуға үлкен мүмкіндік берілуде. Десе де, ойландыратын тұстары да жетерлік. Айталық, бүгінде көрші Өзбекстандағы түрлі бірлестікке 28 мыңнан астам, бауырлас Қырғызстанда 26 мыңнан астам шебер тіркеліп, өз елінің ұлттық өнерін өркендетуде. Ал еліміздегі үкіметтік емес ұйым, қоғамдық бірлестіктерде мыңнан астам шебер тіркелген. Бірақ олардың саны бұдан бірнеше есе көп болуы мүмкін. Өкінішке қарай, шеберлерді ортақ мақсатқа жұмылдырып, өнері мен қоғамға қосар үлесін насихаттау жетіспей тұр.

Міне, осындай келеңсіздіктерді ескере отырып, өмірін өнермен ұштастырған жетісулық шеберлердің алдағы мақсат-мұраттарын жүзеге асыруға демеушілік ету мақсатында өткен жылы «Алтын адам» Жетісу шеберлерінің» қоғамдық бірлестігі құрылып, тынымсыз жұмыс істеп келеді.

Бірлестік төрайымы Динара Серікқызының айтуынша, Қазақстанның мақтанышы болған «Алтын адам» атын еншілеген бірлестіктің негізгі жұмыс тақырыбы – жетісулық шеберлерді бірлестік аясында топтастырып, Жібек жолы бойындағы ежелгі мәдеиет пен қолөнердің асыл жауһарларын қайта жаңғырту, жұртқа таныстыру, отандық-шетелдік туризм саласымен айналысатын адамдарға олардың өнімін насихаттау арқылы шеберлерге көмектесу.

Былтыр бірлестік облысымыздың бірнеше аудан, қала әкімдіктері және жеке демеушілердің қолдауымен 8 рет қолөнер шеберлерінің көрмесін ұйымдастырып, үлкен нәтижеге жетті. Сондай-ақ, Түркістан қаласында өткен халықаралық көрмеге қатысып, шетелден келген қонақтардың үлкен ықыласына бөленіп қайтты. Қазіргі таңда облыстың төрт ауданында бірлестіктің филиалы ашылып, өңір шеберлерін шыңдауға белсене атсалысып келеді. Бірлестік бұдан басқа да бірнеше бағытта жұмыс істейді.

– Біз тек шеберлердің басын қосып, олардың өнеріне қолдау танытудан бөлек, аймақтың экологиялық мәселелерін зерделеу, аудан орталықтарынан қолөнер шеберлеріне арналған павильондар салуға ықпал ету, жасыл экономика бағытындағы жұмыстар жүргізу, қолөнер шеберлерінің оқыту орталықтарын салу, сайт пен портал ашу, тағы да басқа жұмыстарды шеберлермен бірлесе жүргізбекпіз. Жаркент қаласында бірлестіктің аудандық филиалын ашып, төрайымын таңдадық. Мүмкін болса, алдағы уақытта «Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағынан қолөнер шеберлерінің өнімін көрсететін павильон ашсақ деген де жоспарымыз бар, – дейді бірлестік төрайымы Динара Серікқызы.

Кездесуде аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Ілияс Асанов өңір кәсіпкерлеріне жасалып жатқан мүмкіндіктерді сөз етіп, жиында айтылған ұсыныстар бойынша нақты қорытынды шығаратынын жеткізді. Ал аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры Дінмұхамед Азатұлы шеберлерге «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының атқарып жатқан жұмыстарын таныстырып, қолөнер шеберлеріне мемлекеттік гранттарға қатысудың жолдарын түсіндірді.

Жиынды қорытындылаған аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Марат Іліпов бұдан былай өңірде өтетін түрлі мерекелік, спорттық шараларда шеберлердің өнерін елге көрсетуге мақсатында көрмелер ұйымдастырып, көмектесіп тұратынын жеткізді. Шара соңында көпшілік танымал кәсіпкер Суриям Ізімованы «Алтын адам» Жетісу шеберлері» қоғамдық бірлестігінің Панфилов аудандық филиалының төрайымы етіп сайлады.

Панфилов ауданы

▲ ӨРЛЕУ

Шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдау — мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Өздеріңізге белгілі, «Атамекен» ҰКП кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын және бизнестік бастамаларды қолдайтын негізгі мекеме. Сондай-ақ, палата кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бойынша жұмыстың барлық маңызды бағыттарына қатысуда. Қазір аймақта шағын және орта бизнестің дамуы ілгерілеп келеді. Соның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін айтуға болады. Соңғы жылдары бизнестегі әйелдер мәселесі республикалық деңгейде, сондай-ақ, аймақта да маңызды үрдістердің біріне айналып келеді.

КӘСІПКЕР ӘЙЕЛ КӨБЕЙДІ

Статистика департаментінің мәліметінше, облыста жұмыс істеп тұрған 131 мың шағын және орта бизнес субъектілерінің 54,9 мыңын әйелдер басқарады. Бұл бизнестің 42 пайызға жуығын құрайды. Бүгінде әйелдердің кәсіпкерлікпен айналысуға деген белсенділігі көңіл қуантады. Өткен жыл басынан бері кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында бизнес субъектілеріне 20 мыңнан аса сервистік және кеңес беру қызметтері көрсетілген. Оның 11 мыңнан астамы немесе 54 пайызы кәсіпкер әйелдер. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз әйелдер бизнес негіздерін үйренуге және өз ісін ашу үшін гранттар мен шағын несие алуға белсенді түрде ұмтылуда.

Статистика бойынша биыл «Bastau Business» кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жобасына 3141 адам қатысқан, оның басым бөлігі әйелдер. Оның ішінде 979 әйел мемлекеттік бағдарламалар аясында жалпы сомасы 960,3 млн. теңгеге гранттық қаржыландыру және жеңілдетілген несиелеудің иегерлері атанған. Олардың қызмет саласына талдау жүргізілген. Нәтижесінде әйелдердің 52 пайызы ірі қара, ұсақ мал, жылқы, құс және өсімдік шаруашылығы сияқты ауылшаруашылығы саласымен айналысса, 48 пайызы сұлулық салоны, сауда, кондитерлік цех, наубайхана, өндіріс, тігін, массаж салоны мен білім беру орталығы және денсаулық сақтау қызметінде жұмыс істейтінін көрсетті.

Әйелдердің әлеуетін жүзеге асырудың тағы бір маңызды тетігі Іскер әйелдер кеңесі болып табылады. Оның құрамына 400-ден аса өжет, өршіл, табысты, іскер әйелдер мен саясаткер, қоғам, мәдениет, білім және әлеуметтік сала өкілдері кіреді. Әр ауданда білім беру мен қайырымдылық жобаларын жүйелі түрде жүзеге асырып отырған Іскер әйелдер кеңесінің филиалдары бар. Іскер әйелдер кеңесінің өкілдері экономика мен кәсіпкерлікті дамытуға үлкен үлес қосуда. Жұмыс орындарын ашып, қайырымдылықпен айналысып, жалғызбасты қарт адамдарға қамқорлық жасап келеді.

Соңғы жылдары әйелдер кәсіпкерлігімен көпбалалы аналар, халықтың әлеуметтік осал топтарындағы әйелдер де көптеп айналысуда. Осыған байланысты барлық қолданыстағы қолдау шаралары, құралдары мен технологиялары әйелдерге өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, жаңа нарықтық жағдайға бейімделуге, құрылымдық қайта құруға ынталандыруға жұмсалады.

Өткен жылы облыстық кәсіпкерлер палатасы жанынан «Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау орталығы» ашылды. Бұл республика бойынша ашылуы тиіс 17 орталықтың екіншісі болып отыр. «Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау орталықтары» Дүниежүзілік ынтымақтастық қоры, Ұлттық экономика министрлігі, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның серіктестігі аясында ҚР Президенті және «Атамекен» ҰКП-ның қолдауымен құрылған. Аталған жоба Азия даму банкі тарапынан қаржыландырылады және Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

Аталған орталықта әйелдер арасында стартап жобаларды іске қосу, жұмыс істеп тұрған бизнесті одан әрі кеңейту және дамыту бойынша бірқатар қызмет ұсынылады. Сонымен бірге оқыту бағдарламалары мен нетворкинг іс-шаралары жүргізіледі. Осы орталықта қызмет ететін менеджер тарапынан кәсіпкерлікке байланысты кеңес беріліп, көмек көрсетіледі. Қызмет алушылардың арасында көпбалалы әйелдер мен тұрмысы төмен жандар да бар. Олар үшін алдағы кезде тренингтер өткізіліп, қолданыстағы мемлекеттік және жеке гранттар мен бағдарламалар туралы ақпарат берілмек.

Бұл орталық жұмыс істеген бір ай ішінде оған 30-ға жуық кәсіпкерлік бастамасы бар белсенді әйелдер жүгінген. Олар кәсіп ашу, қаржы тарту, өнім өткізуді кеңейту және тәлімгерлік мәселелері бойынша келген. Олармен жұмыс жүргізу барысында кәсіпкерлік бастамасы бар әйелдердің оқуға мұқтаждығы анықталып, кәсіпкер әйелге көбіне SMM маркетингі және өз тауарлары мен қызметтерін ілгерілету, қаржылық және құқықтық сауаттылық, сондай-ақ, инвестициялық мәселелер бойынша білім қажет екені анықталған.

«Атамекен» ҰКП өз қызметінде әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бар күш-жігерін салып келеді. Алдағы уақытта палата ұжымы әйелдердің кәсіби, рухани және тұлғалық өсуі бойынша оқыту курстары мен семинарлар циклін өткізуді жалғастырады. Көпбалалы аналарды қолдауға ерекше көңіл бөлінетін болады.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

№30
(19025)
Senbi,
12 naýryz,
2022 jyl

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz
Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

▲ ИНДУСТРИЯ

Облыс әкімі Қанат БОЗЫМБАЕВ пен «Alina Group» компаниялар тобының жетекшісі Ерлік БАЛФАНБАЕВ өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Кездесу барысында қос тарап аймақ экономикасы мен инновациялық және құрылыс салаларын дамыту мәселелері жөнінде сөз қозғады.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ЖАҢА ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен Қанат Алдабергенұлы меморандум аясында жүзеге асырылатын жоба-жоспарлар жайында егжей-тегжейлі әңгімеледі. Сондай-ақ, ол: «Талдықорған өңірінде бірқатар жаңа кәсіпорындар ашу жоспарда бар. Бұл шағын тігін фабрикасы, полипропилен құбырларын, керамикалық кірпіштерді, темірбетон конструкцияларын және басқа да қажетті құрылыс материалдарын шығаратын зауыттар. Біз облыстың қажеттілігіне қарай сапалы жұмыс орындарын құрамыз. Осылайша, индустрияландыру арқылы адамдардың өмірін жақсартуды жоспарлап отырмыз. Бізде білікті техникалық мамандар пайда болады. Сонымен қатар, шағын және орта бизнесті дамытатын боламыз. Екі, үш жылдан кейін тұрғындар оң өзгерістерді сезінеді. Бұл менің облыс әкімі лауазымындағы басты міндетім», – деді.

Бұдан соң облыс аумағында кәсіпорын ашуға ниет білдіріп келген кәсіпкер Ерлік Балфанбаевты таныстырып өтті. Белгілі болғандай, әріптестік қатынасты орнату бағытында аймақта екі жоба іске асып, талай адамның жұмыспен қамтылуына жол ашылмақ.

Зауыттың бірі Текелі қаласы маңынан орын теппек. Жаңа өндіріс орнында мәрмәр ұнтағы мен құрылысқа қажет басқа да қоспалар әзірлейтін өнімдер шығарылатын болады. Оның инвестициялық көлемі 7,5 миллиард теңгені құрайды. Жоба бес жыл ішінде кезең-кезеңмен жүзеге асырылмақ. Кәсіпорында жаңа жұмыс орындары ашылып, екі жүз елу адам жұмыспен қамтамасыз етіледі деп көзделіп отыр. Кәсіпорынның ашылуы тұтастай алғанда, жақсы туристік әлеуетке ие Текелінің дамуына да оң әсер етеді.

Аталған жобаның екінші кезеңі Талғар ауданындағы «Қайрат» индустриалды аймағында іске асырылмақ. Бояу өнімдері мен автоклавты газобетон шығаратын алып зауыттың инвестициялық көлемі 8,8 миллиард теңгені құрайды. Бұл жоба бес жыл ішінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылады деп жоспарлануда. Жаңа өндіріс орнында үш жүзге жуық адам еңбекке тартылмақ.

Өз кезегінде Ерлік Құрман-Әлиұлы сөз сөйлеп, өзінің кәсібі мен қазіргі кезде атқарып отырған жұмыстары жайында қысқаша айтып берді. Оның сөзінше, компания 1999 жылдан бастап құрылысқа қажет материалдар шығара бастаған. Өнімдері Ресей және Орта Азия елдеріне таралады. Олардың өндірістік алаңдары Алматы, Ақтөбе, Семей, Аягөз, Тараз қалаларында орналасқан. Ал Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарында барлығы тоғыз карьер бар. Бүгінгі таңда компанияда үш мыңнан аса адам еңбек етуде.

Кәсіпкер, сондай-ақ, журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға да жауап берді. Соңында облыс басшысы аталған жобаларды қолдау бағытында қажетті жағдайдың бәрі жасалатынын, бұл аймақты дамыту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін маңызды екенін жеткізді.

▲ СЕЛЕКТОР

ӘСКЕРГЕ БАРУ – АБЫРОЙ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен өткен жиында азаматтарды 2021 жылғы мерзімді әскери қызметке шақырудың қорытынысы талқыланып, туындаған мәселелерді шешу жолдары айқындалды. Сонымен қатар, 2022 жылғы көктемгі шақыруды сапалы өткізуге арналған жұмыс жоспары назарға ұсынылды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Селекторлық режимдегі кеңеске аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, медициналық және шақыру комиссиясының, жергілікті әскери басқару органдарының, полиция департаментінің өкілдері қатысты. Жиында сөз алған облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы, полковник Талғат Дәулетханов былтыр ҚР Қарулы Күштерінде, ҰҚК Шегара қызметінде, Президенттің Мемлекеттік күзет қызметінде, ҚР ІІМ Ұлттық ұланының қатарында 3799 азаматты шақыру көзделіп, ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырмасы толығымен орындалғанын айтты.

– Әскерге шақыру жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүргізілді. Шақырылғандарды сапалы медициналық тексеруден өткізу үшін аудан, қалаларда 21 медициналық комиссия құрылып, оған 199 дәрігер мен 96 орта медициналық қызметкер тартылды. Медициналық комиссиялар аспаптармен, керек-жарақтармен және препараттармен 100 пайызға жабдықталды, – деген Талғат Жасболатұлы әскерге шақыру жұмысының сапасына әсер ететін мәселелерді көтерді. Соның ішінде азаматтарды тіркеуге қою, әскерге шақырылушыларды медициналық тексерістен өту үшін аудан орталықтарына тасымалдау бойынша жүйелі жұмыс жүргізбеген Алакөл, Балқаш, Ескелді, Жамбыл, Райымбек, Кербұлақ аудандарындағы ауылдық округтерді атап өтті.

Аталған мәселелерді тез арада шешуді қатаң тапсырған Лаззат Махатұлы барлық мемлекеттік органдар өз құзыреттілік шегінде мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету керектігін айтты.

– Қала, аудан әкімдері жергілікті әскери басқару органдарымен бірлесіп, 2022 жылдың мерзімді әскери қызметіне шақыруды сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз етсін. Аудандық полиция бөлімдерімен бірлесіп, әскери міндеттерін орындауда жалтарған азаматтарды іздеп, табуды тапсырамын. Денсаулық сақтау басқармасының басшысы сапалы медициналық куәландыруды қамтамасыз етсін, – деген облыс әкімінің бірінші орынбасары алдағы уақытта қателіктерге жол бермей, бірлесіп жұмыс жүргізу керектігін жеткізді.

▲ ТҮЙТКІЛ

ГҮЛДЕР ШЕТЕЛДЕН КЕЛЕДІ

Мемлекеттік кірістер комитеті таратқан ақпаратқа сүйенсек, өткен жылы елімізге шетелден 5700 тонна гүл импортталса, биылғы қаңтар мен ақпан айында 1000 тоннадан астам гүл елге әкелініпті. Олардың құны 8 жарым миллион АҚШ долларына тең. Оның 724 тоннасы, яғни 70 пайыздан астамы (6 млн. $) раушан гүлі екен. Екінші орында хризантема (97 тонна, 883 мың $), үшінші орында қалампыр (28 тонна, 165 мың $) тұр. Бұл гүлдер облыс орталығы Талдықорған қаласында да саудаланды.

Қажет АНДАС

Үш күн демалыста Талдықорған қаласындағы Арбаттың бойы ал қызыл гүлге толды. Бір қызығы, гүл сатып алушылардан сатушылардың қарасы көп екенін байқадық.

Сол қатардан біраз жылдан бері базарда қолдан өсірген гүлін сатып, нәпақа тауып жүрген Үміт Түлкібаева апамызды да кездестірдік:

— Кезінде тракторист те, еден жуушы да болып жұмыс істедік. Зейнетке шыққаннан кейін гүл өсірумен айналысып келемін. Айналдырған 67 мың зейнетақы күнкөріске жетпейді. Арасында гүл сатудан нәпақа тауып жүрміз, — дейді кейуана.

Алайда апамыздың күндіз-түні баптап, еңбекпен өсірген гүлдерін бұл үш күнде көп адам сатып алмапты. Бағасы да тым қымбат емес. Оған қарағанда айналасындағы импорт гүлдерді жұрт таласып алып жатыр.

— Өзіміз мұғалім болып жұмыс істейміз. Мереке күндері осылай гүл сатып тұрамыз. Сататын гүлді Алматыдан алдырамыз, олардың көбі шетелден тасымалданады, — дейді Үміт апамен көрші орында гүлдері тоқтаусыз өтіп жатқан екі қыз. «Шетелден» дегенді нықтап айтты.

Расында, сатушысы алушыдан көп болған елдің экономикасы тоқтаусыз өседі. Тек сататыны отандық өнім болған жағдайда ғана. Ал біз басқалар өсірген гүлді сатып жатырмыз. Демек, жақындарымызға гүл сыйлап, құрмет көрсеттік деп ойлайтын шығармыз. Шын мәнінде, басқа елдің тауарын сатушылардың санын көбейтіп, қалтасын толтырудамыз.

▲ ХАБАРЛАНДЫРУ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Талдықорған қалалық мәслихатының VII шақырылымдағы кезекті сессиясы 2022 жылдың 17 наурыз күні, сағат 11.00-де шақырылады.

Сессияның өтетін жері: Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 252, Ардагерлер үйі ғимаратының мәжіліс залы.

Күн тәртібі:

1. «Талдықорған қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ-нің Талдықорған қаласында бұқаралық спортты дамыту бойынша жұмысы туралы;
2. Әртүрлі мәселелер.

▲ ДАЛА ДҮБІРІ



ЕГІН ЕГУГЕ ДАЙЫН

Күн жылынса аудандағы егін егумен айналысатын шаруашылықтар көктемгі дала жұмыстарын бастауды жоспарлап отыр. Бүгінде аудан дикандары егін егуге қажет техникаларын сақадай сай жөндеп, қосалқы бөлшектері мен жанар-жағармайларын дайындауда.

Жалпы ауданда егін егумен айналысатын 38 шаруашылық бар. Егін көлемі 29 809 гектар суармалы жер болса, биыл оның 7430 гектарына бидай, 100 гектарына арпа, 6800 гектарына күріш дәнді дақылдары егіледі. Ал 230 гектар жерге картоп, 10 гектарға көкөніс, 150 гектарға бақша дақылдары өсіріледі деп жоспарлануда. Қысқы мал азығын дайындау үшін 937 гектар жерге сүрлемдік жүгері, 670 гектарға біржылдық, 13 482 гектар жерге көпжылдық шөп егілмек.

Аудандық ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің мамандарымен бірге Ақдала ауылдық округіне қарасты «Өтес агрофирмасы» ЖШС-іне арнайы бардық. Ол жерде жұмысшылар көктемгі дала жұмысына қызу дайындық үстінде. Гараж меңгерушісі Жарқынбек Батырбаевтың жетекшілігімен іске кіріскен механизаторлар Сергали Ақбаев пен Ерғанат Асанбаев техникаларды жөндеу үстінде.

«МТЗ-80» тракторының қозғалтқыш қорабының ішкі құралдарын ауыстырып тұрған механизатор Ерғанат Асанбаевпен сөйлескенімде ол көктемгі дала жұмысы басталмай техникаларды дұрыстап жөндеудің маңызды екенін айтты. Жарқынбек Батырбаевтың айтуынша, шаруашылықта екі «К-700», үш «Т-150», үш «МТЗ-1221», алты «МТЗ-82» тракторлары мен бес тұқым сепкіш, алты соқа бар. Былтыр бір «К-700», екі «Ловал», бес «МТЗ-80» тракторлары сатып алынды. Бүгінде аталған техниканың егін егуге дайын тұрғанын айтып, шаруашылыққа тиесілі 2507 гектар суармалы жердің 849 гектарына бидай, 691 гектар жерге күріш, 967 гектарға көпжылдық шөп егу жоспарланғанын жеткізді.

Еңбектің көрігін қыздырған дикандар көктемнің алғашқы он күнінде ауа райы қалыпты болса, егін егуді бастауды жоспарлауда.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№35
(19030)

Beısenbi,
29 naýryz,
2022 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

▲ ІССАПАР


Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақылбек Күрішбаев, ҚР Ауылшаруашылығы министрі Ербол ҚАРАШӨКЕЕВ, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің орынбасары Серік ҚОЖАНИЯЗОВ жұмыс сапарымен Қапшағай қаласына келді. Лауазымды тұлғалар Алматы облысының әкімі Қанат БОЗЫМБАЕВТЫҢ төрағалығымен өткен агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері жөніндегі жиынға қатысты. Басқосуға аудан, қала әкімдері, ауылшаруашылығы саласына жауапты мемлекеттік органдардың басшылары, аумақтық инспекциялар, «Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ, «ҚазСуШар» РМК облыстық филиалдары, шаруа қожалықтарының басшылары шақырылды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жиынды ашқан Қанат Алдабергенұлы Мемлекет басшысының еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қазіргі жағдайдағы ахуалға тез бейімделіп, барынша әрекет етудің маңызды екенін атап өткенін еске салды. Аймақ басшысы, сондай-ақ, Алматы облысы елдегі ірі аграрлы аймақтың бірі саналатынын, агроөнеркәсіп кешенін әрі қарай дамытуға облыс әлеуетінің жететінін, ол үшін мемлекет тарапынан тиісті қолдаулардың көрсетіліп келе жатқанын, десе де әлемдегі тұрақсыздық ауылшаруашылығы саласына өз әсерін тигізгенін, мәселен, биыл минералды тыңайтқыш, гербицид, тұқым, техника, оған қажет қосалқы бөлшектер бағасының күрт өскенін, бұл ретте минералдық тыңайтқыштар бағасының төмендегені шаруашылықтарға көмек екенін жеткізді. Бұған қоса соңғы жылдары суармалы алқаптарға су жетіспеушілігінің өзекті проблемаға айналып, су тарифінің көтерілгенін, жеке қосалқы шаруашылық малына жайылымдық жерлердің тарлық етіп отырғанын әңгімеледі.

Өз кезегінде Ербол Шырақбайұлы Үкімет пен министрлік агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша бірқатар жүйелі және дағдарысқа қарсы жедел шаралар қабылдап жатқанын айтып өтті. Белгілі болғандай, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес агроөнеркәсіп кешенін субсидиялау тетігін жетілдіру бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Бірнеше нұсқа ұсынылған, алайда Президентпен келісіле отырып, сондай-ақ әлемнің азық-түлік нарығындағы күрделі жағдай ескеріле келе, Үкімет субсидиялау жүйесін реформалауды келесі жылғы 1 қаңтарға қалдыру және биыл фермерлерді қолданыстағы кесте шеңберінде субсидиялау туралы шешім қабылдаған.

Жалпы, биыл агроөнеркәсіп кешенін қолдауға 309 млрд. теңге субсидия қарастырылған, оның ішінде өсімдік шаруашылығына 79,7 млрд. теңге, мал шаруашылығына 100 млрд. теңге, ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеуге 8,4 млрд. теңге, қаржы құралдарына 120,4 млрд. теңге көзделген.

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде отандық агроөнеркәсіп кешенінің орнықтылығын сақтап қалу қажеттігі ескеріле отырып, агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруға қосымша 388,2 млрд. теңге бағытталмақ. Бұдан басқа, бұрын күші жойылған жұмыртқа өндіруді субсидиялау бағдарламасы жалғастырылады, ал жұмыртқа бағытындағы өнеркәсіптік құс шаруашылығының барлық субъектілері үшін субсидиялау нормативтері бірдей болады және 2 еседен жоғарылатылады, яғни бір жұмыртқаға 3 теңгеден. Бұл мақсатқа 7,5 млрд. теңге бөлінеді. Қарақұмық және майлы дақылдар құнын арзандатуға қосымша 5,6 млрд. теңге қарастырылған.

Сонымен бірге әртүрлі саладағы инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде агроөнеркәсіп кешені саласына жеңілдетілген несие беру мақсатында квазимемлекеттік субъектілердің жарғылық капиталдарын ұлғайтуға қаражат бағытталады, ғылыми зерттеулерді, фитосанитарлық және ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосымша қаражат жұмсалмақ.

Субсидиялаудың жаңа жүйесінің басты жаңалықтарының бірі – оны цифрлық форматқа көшіру. Қазіргі уақытта субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін әзірлеу аяқталуда.

Алдағы уақытта ірі тауарлы сүт фермаларының құрылысын және көкөніс қоймаларын салу мен қайта жаңартуды қаржыландыруға, ет бағытындағы құс фабрикаларын салу мен жаңғыртуға, жылыжай шаруашылықтары желісін ұйымдастыруға, суару жүйелерін жаңғыртуға, тамшылатып суару технологиялары негізінде жеміс-көкөніс өнімдерін тиімді өндіруді ұйымдастыруға басымдық берілмек. Бұдан басқа, саланың экспорттық әлеуетін дамытуға бағытталған инвестициялық жобалар қаржыландырылмақ.

Сондай-ақ, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қаржыландыруды қосымша 70 млрд. теңгеге ұлғайтып, бюджеттік несиелеудің жалпы сомасын 140 млрд. теңгеге дейін жеткізу қажеттігі аталып өтті. Бұған қоса, форвардтық сатып алуға 20 млрд. теңге бөлу мәселесі пысықталуда. Бұл мал басы мен құстың сақталуын қамтамасыз етуге қажетті 200 мың тонна көлемінде астық қорын қалыптастыруға мүмкіндік бермек.

Сонымен бірге саланың экспорттық әлеуетін дамыту, ауылшаруашылығы техникасы мен суарудың заманауи құрылғыларын сатып алу және тиісті инфрақұрылымды жүргізу қажеттігіне назар аударылды. Көкөністер мен қант қызылшасын өндіру және қайта өңдеу бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруға қосымша 8,3 млрд. теңге бөлінетіні айтылды. Бұл қаражат қазіргі заманғы суару жүйелерін сатып алуды және қажетті инфрақұрылым жүргізуді қаржыландыруға бағытталмақ.

Ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша жобаны кеңейту аясында ауылдық елді мекендер мен шағын қалалардың тұрғындарын шағын несиелеуге 40,0 млрд. теңге бөлу мәселесі қарастырылып жатқаны белгілі болды. Бағдарламада 5-7 жыл мерзімге 6 пайызбен шағын несие беру көзделген. Бұл 10 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік бермек. Жалпы, алдағы бес жылда агроөнеркәсіп кешені өнімдерінің импортын алмастыру және экспортын дамыту бойынша 4,1 трлн. теңге сомасына кемінде 582 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда.

Кеңеске қатысушылар ҚР Ауылшаруашылығы министріне көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, Алматы облысының ауылшаруашылығын дамытудың өзекті мәселелерін көтерді. Онда жанар-жағармай, тыңайтқыштар, көктемгі егіс жұмыстарына дайындық, мал бордақылау алаңдарын дамыту, субсидия, су мәселелеріне қатысты сауалдар жолданып, жауаптар алынды. Министр облыс фермерлерінің агроөнеркәсіп кешенін дамытуға, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан елеулі үлестерін атап өтіп, барлық проблемалық мәселелерден хабардар екенін және олар Үкіметтің назарынан тыс қалмайтынын айтып, сенім білдірді.

Келесі кезекте Серік Салауатұлы сөз сөйлеп, ирригация жүйелерін жаңғырту, ауыспалы егістік жүйесін сақтау, суды үнемдеу, суды көп қажет ететін дақылдардың көлемін азайту сияқты шараларға кеңінен тоқталды. Соның ішінде Алматы облысында атқарылған мұндай жұмыстар суландыруға оң ықпал етуі тиіс.

Жиын барысында «Ернар» шаруа қожалығының басшысы Жапарқұл Тасқын, «Хильниченко» сенімді серіктестігінің жетекшісі Александр Хильниченко, «MPS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Бақытжан Абдрасилов мінберге көтеріліп, ойларымен бөлісті.

Соңында Қанат Алдабергенұлы агроөнеркәсіп өндірісін қолдау – мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды міндетінің бірі болып отырғанын, осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау басты мақсат екенін атап өтті. Аймақ басшысының сөзінше, бұл үшін бізде жағдайлар жеткілікті. Суармалы жерлер, мал мен құс, қайта өңдеу кәсіпорындары бар, өндірілген өнімді өткізу оң жолға қойылған. Ендігі міндет – техника, жанар-жағармай, тыңайтқыш қорын ретке келтіру, өндірісті ауа райының қолайсыздығына бейімделген сапасы жоғары тұқыммен қамтамасыз ету, көктемгі дала жұмыстарын сапалы әрі уақытылы өткізу маңызды.

– Ислам даму банкі арқылы Ескелді және Ақсу аудандарының ирригациялық жүйелері қалпына келтірілуде, десек те уақытылы қаржыландыру болмағандықтан көптеген жоба түзетуді қажет етеді. Су үнемдеу технологиясы алаңы биыл 27 мың гектарға жеткізілуі тиіс. Мал азығын даярлау бақылаудан тыс қалмауы керек. Ол үшін азықтық дақылдардың егіс көлемін ұлғайтып, мемлекеттік орман қоры, табиғи ұлттық парктер, жер қорындағы шабындықтарды тиімді пайдалану қажет. Жалпы агроөнеркәсіп кешенін дамытудағы негізгі басымдық ішкі нарықтағы импортты алмастыруға беріледі, – деді облыс әкімі.

Сонымен бірге бұрын айналымнан шығып қалған 107 мың гектар жерді қалпына келтіру қажеттігі, мал шаруашылығын дамытуда өндірісті өнеркәсіптік жүйеге көшірудің маңыздылығы, бұл ретте биыл 3,5 млрд. теңгеге 14 инвестициялық жобаны іске асыру күтіліп отырғаны, сондай-ақ, биылға жоспарланған сыйымдылығы 17 мың тонналық 5 қоймаңы іске қосу көзделуде екені айтылды.

Қапшағай қаласы

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Алматы облысының әкімі Қанат Алдабергенұлы Бозымбаев 2022 жылдың 8 сәуірінде сағат 15.00-де Қаратал аудандық Мәдениет үйінде (Бастөбе ауылы, Комаров көшесі, 3 «А») кездесу өткізеді.

Тұрғындар тарапынан сұрақ, ұсыныстар облыс әкімінің ресми блогында https://dialog.egov.kz/blogs/65537/welcome және Қаратал ауданы әкімдігінің ресми сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-karatal/virtual-reception/1?lang=kk қабылданады.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram»-ғы «Alm_obl_akimat» парақшасында https://instagram.com/alm_obl_akimat?utm_medium=copy_link сілтемесі бойынша және Қаратал ауданы әкімдігінің «Facebook» парақшасында https://www.facebook.com/Qaratal сілтемесі бойынша жүргізіледі.

▲ ЖИЫН

ТАБЫСҚА ТОҚМЕЙІЛСУГЕ БОЛМАЙДЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лазззат ТҰРЛАШОВТЫҢ төрағалығымен облыстың қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайын сараптайтын жиын өтті. Онда облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары есеп беріп, нақты жағдайды баяндады.

Қажет АНДАС

Жалпы, баяндамашылардың айтқанындай, қазіргі таңда облыстағы әр саладағы жұмыс айтарлықтай қарқында және жоспарға сай атқарылуда. Әсіресе, ауылшаруашылығы, төтенше жағдай, білім, медицина, мәдениет, тұрғын үй салаларында жетістіктер мол. Жетіспей жатқан тұстары да баршылық.

Десе де қазіргі таңдағы ең өзекті екі мәселе бар. Оның бірі Алматы және Жетісу облыстарын екіге бөлу, екіншісі, Қапшағай қаласының атын Дінмұхамед Қонаевтың есіміне ауыстыру. Жиында осы мәселеге қатысты мекеме басшылары жұмыстың өз деңгейінде атқарылып, облыс бөлінгеннен кейінгі жағдайдағы түрлі саланың экономикалық кіріс-шығысын бір ізге түсіру барысындағы жұмыстардың ойдағыдай шешіліп жатқанын баяндады.

Тағы бір өзекті мәселе – азық-түлік қорының тұрақтылығы. Расында, кейбір азық-түлік тауарларының қымбаттауы кейбір аудан, қалада анық байқалуда.

– Дегенмен, аймақтағы ең көп тұтынатын әлеуметтік азық-түлік қоры жеткілікті. Бірақ бұған тоқмейілсуге болмайды. Сондықтан апта сайын, ай сайын мониторинг жүргізіп, азық-түлік тапшылығының орын алмауын, бағаның шарықтап кетпеуін қадағалап отырған жөн, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Қазіргі көктемгі егіс жұмысының жағдайын баяндаған облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев:

– Әрине, азық-түліктің жетіспеуі мен қымбатшылықтың алдын алу үшін көктемгі егіс жұмысын жүйелі жүргізіп, ауылшаруашылығы саласының өнімділігін арттыру керек, – деді баяндамасында. Сондай-ақ, ол көктемгі егіс жұмысына салғырттық танытып отырған аудан, қалаларды да атады.

Жиналыста құқық қорғау саласының өкілдері «Қаңтар оқиғасы» кезінде қолды болған қызметтік қарулардың әлі толық жиналып алынбағанын назарға салып: «Егер қолында бар қаруларды өз еркімен тапсырған азаматтар ешқандай қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтынын» атап өтті.

Мемлекеттік сатып алу, аймақта соңғы күндері орын алған жол-көлік апаттары да назардан тыс қалған жоқ. Сонымен қатар, азаматтардан түскен арыз-шағымдардың орындалу барысы да айтылды. Түрлі сала басшыларының берген есебін мұқият тыңдаған Лазззат Махатұлы:

– Осы айтылған мәселелердің бәрін облыс әкімі Қанат Бозымбаев тікелей назарында ұстап отыр. Сондықтан әр сала басшылары, аудан, қала әкімдері өздеріне жүктелген міндеттерді толық орындап, ел үшін еңбек етуі керек, – деп қорытты сөзін.

▲ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Кеген ауданында мемлекетіміздің «Нәтижелі еңбекпен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында көптеген жұмыс жүргізіліп келеді.



ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ

Қанат БІРЖАНСАЛ

Ең негізгісі, жұмыссыз жандар еңбекке тартылып, жағдайларын жақсарта түсті.

Өткен жылы аудан бойынша 1809 адам жұмыспен қамту шараларына тартылды. Оның ішінде, 797 адам тұрақты жұмысқа, 701 адам уақытша жұмысқа орналастырылды. 602 адам қоғамдық жұмыстарға, 36 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілді. Өткен жылдың ішінде аудан бойынша 50 адам кәсіптік білім алды. Олар негізінен Сарыжаз кәсіптік-техникалық колледжінде, облыстың қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледждерінде оқыды. Оқуын аяқтап, әртүрлі мамандық алып шыққан 39 азамат тұрақты жұмысқа орналасып кетті. 11 азамат қайтарымсыз мемлекеттік грант алды. Аудан бойынша «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша 114 азамат оқып шықты. 115 азаматқа «Жаңа бизнес» идеяларын іске асыруға арналған 67 миллион теңге қайтарымсыз мемлекеттік гранттар төленді. Әртүрлі жұмыс орындарын ашуға бекем белін байлаған 32 азаматқа 121 миллион теңге шағын несие беріліп, қолдау көрсетілді. Жалпы, мемлекеттік грант және шағын несие алушылардың ішінде төрт түлік мал өсіруді, мал бордақылауды қолға алған азаматтар бар.

Кеген ауданы

▲ МЕРЕКЕ ТАРТУЫ

ЖАҢАРҒАН МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

Алакөл өңірі ежелден жомарт азаматтармен танымал. Қайырымдылығымен күллі қазаққа таныс Есім төренің есімін естімеген қазақ баласы да кемде-кем. Бір қойы егіз туса, бір бетегесінің басы айыр шығатын дарқан өңірдің бүгінгі ұрпағының жүрегі кең.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ

Ұлыстың ұлы күніне орай Арқарлы ауылдық округінде күрделі жөндеуден өткен Мәдениет үйі қолданысқа берілді. Сан жылдар сұрқы қашып, сұлулығынан айырылған ескі ғимарат қолданысқа жарамас күйге жеткен еді. Қоңырқай тірлік кешкен қойлы ауылдың тұрғындары осы нысанды жөндеп, елді мекенге рухани өзгеріс енгізуді сұраған. Осы округте жылқы малы мен ірі қара түлігін өрбітіп отырған ауданның меценаты Бауыржан Оспанов халық тілегіне құлақ асып, қолдау көрсетті. Жеке қаражатына толықтай жөндеу жұмыстарын жүргізіп, ғимаратты әрлендіріп берді.

Бауыржан Оспановтың демеушілігінен бөлек 9 млн. теңгеге техникалық-материалдық базасы толықтырылды. Сондай-ақ, арқарлылық Асқар Себепов пен Күлипа Нүсіпова да қаражат бөліп, қалған жұмыстың бір жағына шығысты.

Құрылысы аяқталған ғимараттың есігі дәл Наурыз мерекесінің қарсаңында ашылды.

Салтанатты шарада алғы сөзді алған аудан әкімі Алмас Абдинов: «Мәдениет – әр ұлтты өзгелерден айшықтап тұрар болмысы, тіршілік қағидасы. Өнер мен шығармашылығы кенжелеп қалған халық кейін қалып қалары да сөзсіз. Шалғайдағы ауылда мәдениет ошағын күрделі жөндеуден өткізіп, қолғабыс еткен азаматтарға алғысымыз шексіз. Туған жерге ту тігіп, ауылдың көркеюіне атсалысу – нағыз патриот тұлғаның ісі», – дей келе жиналғандарды ұлық мейрамменжәне Мәдениет үйінің қолданысқа берілуімен құттықтады.



Арқарлы ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Кемелбек Мамырбеков жомарт азаматтарға бұқараның ізгі тілегін жеткізіп, ақ батасын берді.

Артынша күміс сақал қариялар мен ауылдың үлкендері қызыл лентаны қиып, әжелер шашуын шашып, қауым жаңартылған ғимаратты тамашалауға кірді.

Түрлі үйірмелер жұмысына арналған кабинеттер, жиын-шаралар өтер сахна, қызметтік бөлмелер мен қажетті құралдар түгенделген. Ауласы абаттандырылып, заман талабына сай жабдықталған. Алыстағы ауылдың көркін ашып, сәнін келтіріп-ақ тұр.

Шара соңында аудан өнерпаздары шағын концерттік бағдарламасын назарға ұсынып, Наурыз мейрамы аталып өтті. Тұрғындар арасында түрлі спорттық шаралар ұйымдастырылып, жұртшылық бір жасап қалды.

Алакөл ауданы

Тәуелсіздік — бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

№39

(19034)

Beısenbi,
7 sáýir,
2022 jyl

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТАБЫСТЫ АГРОКЕШЕН

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының бүгінгі күндегі көрсеткіштері көңіл қуантады. Биыл Алматы облысы ауылшаруашылығының жалпы өнім көлемі 1 трлн. теңгеден асты. Аймақтың ел бойынша қант қазылшасы, майбұршақ, жүгері, көкөніс, картоп, ет, жұмыртқа, жүн өндіруде алдыңғы қатардан көрініп келе жатқаны, жүзім мен сүт өндіруде екінші орын алатындығы да бәсіміздің биіктігін білдіреді. Бүгінгі таңда облыстағы өнеркәсіптік әлеуетті өркендетуге ден қойып отырған екі мыңнан аса кәсіпорынның 82 пайызы агроөнеркәсіп кешенінің еншісінде. Демек, ел тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етуде көш басында тұрмыз деп айтуға болады. Десе де бүгінгі күннің талабы бойынша ауылшаруашылығы өнімдерін экспортқа шығару үшін осы саланың жұмысын әлі де жетілдіре түсу керек.

Қажет АНДАС

«Делoвал» фирмасының сүт сауатын роботтық қондырғылары арқылы автоматты түрде сауылып, «Дельта 5.2» бағдарламасымен жұмыс істеуде. «Байсерке Агро» ЖШС-і сүт фермасында 634 бас Канададан әкелінген сүт бағытындағы асыл тұқымды сиырлар швециялық «Делoвал» фирмасының сүт сауатын роботтық қондырғылары арқылы автоматты түрде сауылуда. «Табыс» ШҚ 600 басқа арналған сүт кешенінде Украина мемлекетінен әкелінген сүт бағытындағы асыл тұқымды сиырлар швециялық «Делoвал» фирмасының сүт сауатын роботтық қондырғылары арқылы автоматты түрде сауылуда.

Етті мал шаруашылығымен айналысатын «Арқарлы Майбүйрек» ЖШС-і 2014 жылы Австралия мемлекетінен 5615 бас ангус және герефорд асыл тұқымды ірі қара мал басын әкеліп, қазіргі таңда 15433 басқа көбейді. Заман талабына сай күн сәулесін пайдалану арқылы электрленген қоршау ішіндегі малдар еркін жайылып, үнемі бақылауда. «Алипов» ШҚ да ірі қара малын «Электр қоршау» арқылы жайылымда бағу тәсілін пайдалануда. Бұл мал жайылымын тиімді пайдаланып, көлемі аз жерден өзіндік құны төмен және сапасы жоғары мал азығын дайындауға мүмкіндік береді. Компьютерленген блок арқылы 50 гектар алқапта аталған қоршауды пайдалана отырып, 100 бас сиыр бағылуда.

Жалпы, ауылшаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімімен толық қамтамасыз ету. Сондықтан бұл саланы өркендету арқылы күнделікті өмірде туындап отырған қиындықтарды шешіп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен бірге бағаның тұрақтылығын да сақтауға болады.



ЖҰМЫС БАР, ЖҰМЫСШЫ ЖОҚ

Дикандар көктемгі дала жұмысын бастап кетуді жоспарлап отыр. Бүгінде шаруалар егін егуге қажет техникаларын сақадай-сай етіп, қосалқы бөлшектер мен жанар-жағармайларын дайындап жатыр.

ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫНДЫ

Жалпы ауданда егін егумен айналысатын 38 шаруашылық бар. Суармалы жер көлемі 29 809 гектар, биыл оның 7430 гектарына бидай, 100 гектарға арпа, 6800 гектарына күріш дәнді дақылдары егілсе, 230 гектар жерге картоп, 10 гектарына көкөніс және 150 гектарға бақша дақылдары егіледі деп күтілуде. Қысқы мал азығын дайындау мақсатында 937 гектар жерге сүрлемдік жүгері, 670 гектарға біржылдық шөп, 13482 гектар жерге көпжылдық шөп егіледі.

Көктемнің бір күнін жылға азық санаған дикандардың тыныс-тіршілігін көзбен көру үшін аудандық ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі мамандарымен бірге Ақдала ауылдық округіне қарасты «Өтес агрофирмасы» ЖШС-не арнайы бардық. Ондағы жұмысшылар дала жұмысына қызу дайындық үстінде. Бұл орайдағы, гараж меңгерушісі Жарқынбек Батырбаевтың басшылығымен іске кіріскен механизаторлар Серғали Ақбаев пен Ерғанат Асанбаевтар белсенділік танытып жүр.

«МТЗ-80» тракторының қозғалтқыш қорабының ішкі жабдықтарын ауыстыру үстіндегі механизатор Ерғанат Асанбаев күнделікті жүргізіп жүрген тракторының кейінгі кездері бұзылатынын және оны науқан басталмай ретке келтіруді жөн санайтынын айтты.

Шаруашылықта екі «К-700», үш «Т-150», үш «МТЗ-1221», алты «МТЗ-82» тракторы мен бес тұқым сепкіш, алты соқа бар. Өткен жылы бір «Кировец-700», екі «Ловал», бес «МТЗ-80» тракторы сатып алынған. Бүгінде бұл техникалар егін егуге дайын. Шаруашылыққа тиесілі 2507 гектар суармалы жердің 849 гектарына бидай, 691 гектарына күріш, 967 гектарға көпжылдық шөп егу жоспарланған.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы



Бүгінгі таңда облыстағы егін мен мал шаруашылығын цифрландыру бағытында қарқынды жұмыс жүргізілуде. «Амиран» ЖШС-нің 800 басқа арналған сүт кешені Америка-Германия технологиясы бойынша Қазақстанда салынған алғашқы кешен. Кешенде малды күтіп-бағу, мал азығын дайындау, зоотехникалық және малдәрігерлік қызмет көрсету заманауи, еуро-стандарт талабына сай техника, құралжабдықтармен қамтамасыз етіліп, жүргізілуде. Американдық «Baumatic» компаниясы «Параллель» сүт қондырғысын орнатқан, 800 бас сиырды сауу үшін 2 ғана оператор қызмет көрсетеді. «Алматы» АШӨК-тің сүт фермасына Германияның қазіргі заман талабына сай сүт сауатын қондырғылары орнатылған. Американдық «Baumatic» технологиясы қолданылып, 600 сиыр бір күнде сауылып, 50 адамның күшін алмастырылуда. Әр сиырдан сауылған сүт автоматты түрде есептеліп, сауу көрсеткіштері компьютерге тіркеліп, тігісі жоқ сүт құбыры арқылы таза күйінде сүт блогына жиналады. «Адал» АШӨК АҚ-тың сүт фермасында тиімділігі жоғары және жетілдірілген озық технологиялық сүт сауатын «Milkline 24*24=48» қондырғылары орнатылған, ерекшелігі – сауар алдында желінге массаж жасалынып, әр сиырдан сауылған сүт автоматты түрде есептелінеді. 1400 сиыр бір күнде сауылып, 100 адамның күшін алмастырады. «ЖК «Каримов» сүт фермасында Германия мемлекетінен әкелінген 330 бас Голштин сүт бағытындағы асыл тұқымды сиырлар швециялық жүрген азаматтар да бар. Бұл жыл сайын кездесетін мәселе десем өтірік емес. Дала жұмысына ылғи да көршілес өзбек бауырларымыз келуші еді. Соңғы жылдардағы жағдайға байланысты олардан қол үзіп қалдық. Жүгері алқабының басында жұмысшыларға үш мезгіл ас беріледі. Жалақылары да жақсы. Соған қарамастан жұмысшы табу қиынның қиынына айналды, – деп жеткізді.

Сынаптай сырғыған уақытта кідіріс жоқ. Қиындыққа қарамастан қолда бар мүмкіндікті жұмылдырып, тұқым себу жұмысын өз мерзімінде атқаруға бар күш-қайратын жұмылдырып жатқанын тілге тиек етті.

Былтырғы қуаңшылық пен су жетіспеушілігі салдарынан тұқым алу көрсеткіші төмендеп кеткенін ашына айтқан Әтеев биыл орын алған олқылықтың орнын толтыруға тастүйін дайындық жасауда. Жазғы маусымда 20-ға жуық еңбеккер жұмылдырылатын, жұмысы ерте көктемнен күздің соңына дейін үзіліссіз жалғасатын шаруашылықтың жұмысқа қажет техникалары сақадай сайланып тұр. Бірақ техника тізгіндейтін трактористі мен жаз уақытында суарушы тапшылығы кедергі болмаса деген күдік те бар.

Нұра ауылы,
Талғар ауданы

Наурыз

ӘСКЕРИЛЕР ӘЗ НАУРЫЗДЫ ТОЙЛАДЫ



Талдықорғандағы 18386 әскери бөлімінің ұйымдастыруымен әз Наурыз мейрамы өтті.

Шараның шымылдығы Қазақстан Республикасының Гимнінің орындалуымен ашылды. Сонымен қатар, ҚР Қарулы Күштері қатарында қызмет атқарған майор Андрей Хрущевті еңбек демалысына шығарып салу салтанаты орындалды.

Өз кезегінде құттықтау сөзді 18386 әскери бөлімінің командирі Серік Алдабергенов алды. Ол:

– Құрметті әріптестер, біріншіден, саулықтарыңызды тілеймін. Наурыздан наурызға жете берейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Туған-туыскандарыңыз бен дос-жаран, құда-жекжаттарыңыз аман жүрсін. Көгімізден әрқашан көк байрағымыз желбіреп тұрсын. Наурыз мерекесі баршамызға құт-береке алып келсін, – деп өзінің ақжарма лебізін жеткізді.

Салтанатты шарада қазақтың ұлттық ойындары ойнатылды. Қолкүрестен, гір тасын көтеруден, асық ойнау, сондай-ақ, арқан тартыстан жауынгерлер бақтарын сынады.

Қолкүрестен лейтенант Д. Айдынғалиев, ефрейтор Т. Құдайберген топ жарса, асық атудан қатардағы жауынгер Қ. Жамали көзге түсті. Ал гір тасын көтеруден тағы да ефрейтор Т. Құдайберген алдына жан салмады. Командалық арқан тартыстан 1-рота алдыңғы шептен көрінді.

Іс-шарада қазақтың салт-дәстүрі көрініс берді. Тәй-тәй басқан сәбиге тұсаукесер рәсімі жасалды. Сонымен қатар, жиналған қауымға арнайы дастарқан жайылып, наурызкөже таратылды.

Салтанатты кеш әскери бөлім ұйымдастырған концерттік бағдарламамен өз мәресіне жетті.

Кәмилә ТҰЯҚОВА

КӨКТЕМГІ ТАЗАЛЫҚ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Мемлекет басшысының 2 млрд. түп ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасын орындау аясында облыста қарқынды жұмыс атқарылуда. Көктем шыға Талдықорған қаласының әкімдігі де бұл тапсырманы орындауға белсене кірісті. Қалалықтар биылғы жоспарға сай қала ішіндегі жұмыстарға басымдық берместен жақын маңдағы елді мекендер мен саяжайларды абаттандыру ісіне баса назар аударуда. Соған орай өткен аптада қалада жүргізілген алғашқы сенбілікте бірталай жұмыс тындырылды.

Сенбілікте арықтар тазаланып, күл-қоқыс шығарылды, көше бойлары сыпырылып, көрнекі құралдар жаңартылды. Сөйтіп, қаланың көктемгі тынысы бір ашылып қалды. Жалпы сенбілікке 5000-нан астам адам қамтылған 150-ден астам кәсіпорын, ұйымдар мен мекемелер қатысты. Сонымен қатар, ағаш егу жұмысы қолға алынып, көңіл қуантар игілікті іс атқарылды.

Бір күндік тазалық барысында 100-ден астам көше, тұрғын үй, мекеме айналасы, арықтар тазартылды, 1,5 мың текше метрден астам қоқыс шығарылып, ағаштар мен бұталарды санитарлық кесу жүргізілді. Жиылған қоқыстарды тазалауға 150 бірлік автокөлік жұмылдырылып, сол күні қаланың әр тұсында жасыл желектерді отырғызу жұмысы да қолға алынды.

Жалпы бір күнде 1250 бірлік қылқанжапырақты және жапырақты ағаш көшеті отырғызылып, қаланың көркіне көрік қоса түсті. Ағаш отырғызуға облыс әкімі Қанат БОЗЫМБАЕВ пен қала әкімі Әсет МАСАБАЕВ та қатысып, белсенділік көрсетті. Қала тұрғындары да үйлерінің айналасына жас көшет отырғызып, жақсылыққа балап жатты.

Әрине, жыл сайын көктемде ағаш отырғызылып келеді. Бірақ өткен жылдары оны баптау, қарау, өсіру барысында кемшіліктер орын алды. Содан кейін де көктемде еккен ағаш күзге жетпей курап қалып жатты. Енді қала әкімінің тапсырмасы бойынша, отырғызылған ағаштарды тиісті мекеме немесе жеке тұлға үнемі қадағалап, оның толық өсуіне жауап беретін болды.

Көктемгі ағаш егу жұмысы алдағы уақытта да жалғасады.

Қ. ОМАРАҚЫН

«БИЗНЕС БАСТАУ»

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Саид Рахметов 33 жаста. Шонжы ауылында тұрады. Соңғы бірнеше жыл анасы шағын асхананы жалға алып келді. Саида анасына бизнесті жүргізуге көмектесті. Кейіннен кәсіпті кеңейту қажеттілігі туындап, қолдау үшін ол «Атамекенге» жүгінді.

– Шонжыда жыл санап халық саны өсуде. Сол себепті түрлі қызметке сұраныс артып келеді. Асханаға келушілердің көбі бізге мейрамхана ашуға кеңес беретін. Өйткені, дайындаған асымыз дәмді әрі қызмет көрсету сапасы жоғары. Сонымен бірге, ауылымызға салтанатты және отбасылық іс-шаралар өткізу үшін жаңа банкет залы қажет болды. Осылайша жаңа мейрамхана салып, келушілерге жоғары қызмет көрсетуді ұйғардым, – дейді Саид.

2019 жылы Саид «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Бастау Бизнес» оқыту жобасына қатысты. Ал 2020 жылы «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан 6 миллион теңге несие алды.

– Біздің мейрамхана заманауи талаптарға сай келеді. Сондай-ақ, біз қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қолдаймыз. Он адамды жұмысқа алдық. Олардың қатарында аспаз, даяшы, әкімші, техникалық қызметшілер бар. Ай сайын оннан аса түрлі іс-шара мен банкеттер өткіземіз, – деп атап өтті кәсіпкер.

Айта кетейік, облыста «Бастау Бизнес» жобасы іске асырылған бес жыл ішінде 6 мыңнан аса адам кәсіп ашу және дамыту үшін гранттар мен жеңілдетілген несие алды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Ұйғыр ауданы



▲ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Алмағайып өзгерістер жағдайында мемлекеттік аппарат ахуалға тез бейімделіп, барынша үйлесімді әрекет етуге тиіс. Шешімді жайбасарлықпен қабылдауға, шенеуніктік формализмге жол берілмейді. Қазір толықтай жұмылуымыз қажет. Бизнес өкілдерінің және азаматтардың нақты сұранысы негізінде шешімдер әрі кеткенде үш күн ішінде, тіпті, қажет болса бір тәулікте қабылдануға тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы соңғы жылдары қоғамдағы әртүрлі алыпқашпа пікірлерге жауап берген шынайы жаңару мен жаңғырудың татымды тұжырымы іспетті. Сол себепті де ел ішіндегі қалың қауым Президент пайымдарынан көкірегіне сенім мен үлкен үміт шырағын маздатты. Әркім өзіне керек мәселеге көңіл аударып, келешегіне кең жол ашылатынына нық сенген сыңайлы.

СЕНІМ ҰЯЛАТТЫ

Осы ойымыздың бір айғағы – жергілікті әкімдіктердің қанат жайып жұмыс жасауына мүмкіндік беру тетіктерінің қарастырылғаны. Президент тапсырмасы бойынша жақында «Жергілікті өзін-өзі басқару» Заңына ауыл әкімдерінің беделі мен мүмкіндігін жоғарылататын байламдар енгізіліп, осы күнге дейін іскер округ әкімдеріне қолбайлау болып келген қаржы қорының мәселесі түбегейлі шешіледі деген үміттеміз.

Нарық заңы қатал. Қолында қаржысы жоқ әкім құзырындағы халқының күнделікті талап-тілегінің үдесінен қалай шықпақшы?! Қазіргі жағдайда жол, жарық, ауызсу, тағы басқа да мәселелерді шұғыл шешу мүмкін емес. Олардың әрқайсысы бюрократиялық сатылармен әуелі жоғарылап, одан кейін төмендеп, қайтып ауылға жеткенше жылдар жылжиды.

Бұл Жолдау таяу болашақта саяси реформаларға және бірқатар әлеуметтік-экономикалық шаралардың жүзеге асуына мұрындық болмақ. Жолдаудағы маңызды басымдық – ел экономикасын арттыруға бағытталған «Дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шараларды» қабылдау. Бұл бағытты өз тіршілігімізбен сабақтастырсақ, жазиралы Жаркент өңірінде халықтың негізгі тіршілігі мал және егін шаруашылығымен тікелей байланысты. Сонымен қатар, экономикаға тірек болар шағын және орта бизнес, өнеркәсіп, сауда-саттық салалары да өркен жайған. Біздің ауданда жыл сайын 44,5 мың гектарға ауылшаруашылық дақылдары егіліп, өткен жылдың өзінде ғана 175 мың тоннадан астам өнім өндірілді. Дала өндірісіндегі жетекші дақыл жүгерінің егіс көлемі 26,6 мың гектарды құрайды. Өңірдегі 9 мыңға жуық кәсіпкерлік нысан аудан экономикасын табыс биігіне көтеруге қызмет етіп келеді.

Жолдауда егін егу науқанын сапалы өткізуге баса назар аударылды. Біздің Қазақстан елі табиғи мүмкіндіктерін тиімді пайдаланған жағдайда азық-түлік өнімдерінен ешкімге алақан жаймайтыны анық. Жолдаудан қолдау тапқан халықтың бұл межеге жететініне сенемін.

Света МЕДЕТБЕКОВА,
Панфилов аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы

▲ТӘЖІРИБЕ

ТАБЫСТЫ БАСШЫ

«Табысты басшы» жобасы аясында облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Талдықорған қаласындағы №14 орта мектеп-гимназиясында мектеп басшыларына арналған белсенді топ шебер - класс алаңының облыстық кезеңі өтті. Онда бес мектеп басшысынан құрылған аймақтық кезеңнің жеңімпаздары – Еңбекшіқазақ, Алакөл, Үйғыр аудандары мен Талдықорған қаласының белсенді топтары өз тәжірибелерін ұсынды.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Алма ЕСЕНБАЙ

Алаң жұмысын облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының директоры Алуа Қабдұлова ашып, мектеп директорларының қатысуымен өтіп жатқан шараның тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылып отырғанын жеткізді.

– Сапалы білім неден басталады десек, ол мектеп басшысының жұмысын дұрыс жүйелей білуіне, педагогикалық ұжымды бір мақсатқа жұмылдырып, сол жолда бірлесіп, нәтижелі іс жасауына байланысты. Бұл ретте басшының мектепішілік бақылау мен басқаруды қалай жүзеге асыратыны маңызды. Бүгінгі алаң жұмысы мектеп директорлары үшін үлкен тәжірибе алмасу сынағы болады деп сенеміз, – деді ол.

Алғашқы болып өз тәжірибесімен бөліскен талдықорғандық мектеп директорлары коэффициент философиясын алға тартып, бір минуттың ішінде не өзгертуге, қандай жетістікке жетуге болатынын көрсетті. Ол үшін «Іс әрекетті зерттеудегі ең тиімді жолды» қарастырды. №22 Еңбек орта мектебінің директоры Рахиля Ақшолақова тірек сөздер арқылы «Ғажайып төрт бұрыш» арқылы жұмысты жоспарлауда топ құру, зерттеу, сұрағын айқындау, бақылау, талдау, оқушы үні, қайта жоспарлаудың маңыздылығын алға тартты.

Шара барысында «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығының Алматы қаласындағы филиалының директоры Б. Асубаев шебер-класс жүргізген белсенді топтармен кері байланыс жасады.

Мектеп директорларының белсенді топ жұмысына үздік ұстаздардан құралған қазылар алқасы баға беріп, нәтижесінде өз мүмкіндіктерін мүдірмей көрсетіп, тәжірибелерін ортаға салған Алакөл ауданы I орынды жеңіп алды. Еңбекшіқазақ ауданы II орын тұғырынан көрінді. Үйғыр ауданы мен Талдықорған қаласы III орынды тең бөлісті.

Жеңімпаз топтар облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

▲КӨКТЕМГІ ТАЗАЛЫҚ

Балалар ағаш отырғызды



Көктем шыға қала аумағын көгалдандыру, жасыл желек отырғызу, гүл егу жұмысы қарқын алады. Бүгінде қаланың әр тұсында осындай мақсаттағы жұмыстар жүргізіліп, жұрттың көркемдікке деген талғамын еселей түсті. Көпқабатты тұрғын үй, жеке сектор, басқа да халыққа қызмет көрсететін нысандардың айналасы жылдағыдай абаттандырылып, қала маңындағы елді мекендердің жолдары тазартылып, қалаішілік көшелердің бойындағы ағаштардың қураған бұтақтары кесіліп, әктеліп, қала көркіне көрік қоса түсті.

Бұл игілікті іске қаладағы оқу орындары да үлес қосуда. Өткен сенбі күні Талдықорған қаласындағы 28 IT-лицейдің 4 "В" сыныбының ата-аналары мен оқушылары мектеп ауласына жасыл желек отырғызып, қоршаған ортаны қорғау туралы танымдық шара ұйымдастырылды. Бұл күні сыныптағы 29 баланың ата-анасы жас шыбық немесе көпжылдық гүл көшеттерін отырғызды. Әрине, мектеп ауласындағы белгіленген орынға көшет отырғызу қиындық тудырған жоқ. Бірақ бұл сенбілік балаларға үлкен өнеге көрсетті дей аламыз. Өйткені, балалар ата-аналарымен бірге көшет егіп, барлығы еменжарқын араласып, ата-ана мен оқушы және мұғалім арасындағы жақсы қарым-қатынасқа жаңа қадам жасалды.

Өткен жылғы құрғақшылық салдарынан егілген көптеген жас өскіндердің көктемей қалғаны белгілі. Биылғы ауа райы да құбылмалы болып тұр. Алдын ала болжам бойынша құрғақшылық биыл да қайталануы мүмкін. Тіпті жаз айларында күн ысып, қолайсыз ауа райы орын алады деген дабыл қағылуда. Сондықтан ата-аналар отырғызған ағаш пен егілген гүлді, жасыл желектерді өз жауапкершілігіне алып, үнемі баптауға келісіп тарады.

Қ. ОМАРАҚЫН

▲СҰХБАТ

КӨҢІЛДІР ОТЫН ҚУАНЫШЫ

Аймағымызды табиғи газбен қамтамасыз ету үшін бірнеше жылдан бері атқарылып келеді. Қазірдің өзінде облыс, аудан орталығы мен қалалар, бірқатар елді мекен тұрғындары табиғи газға қосылып, игілігін көре бастады. Газдандырудың қаржы мен уақытты және энергиялық ресурстарды үнемдеу, қажетті температураға жылдам қол жеткізу, экологиялық тазалықты сақтау сынды артықшылығы көп. Өңірді газдандыру жұмысы республикалық немесе жергілікті бюджеттің, инвесторлардың қаржысы арқылы атқарылады. Жалпы, аймақты газдандыру жұмысы қарқынды жүргізілуде. Десе де әлі де атқаратын жұмыс жеткілікті. Осы және басқа да сұрақтарға жауап алу үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының директоры Равиль ИСМАИЛОВПЕН кездесіп, сұхбаттасқан едік.



– Равиль Қасымұлы, алдымен сіз басқарып отырған мекеменің жұмыс бағытымен танысып өтсек?

– Өңірді газдандыру жұмысында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сай жұмыс атқарады. Біздің филиалдың негізгі міндеті – табиғи газды тұрғындарға қауіпсіз және үзіліссіз беру. Сондай-ақ, апаттық-диспетчерлік, газды пайдалану, өткізу және газбен қамтамасыз ету, үйдегі газ жабдықтарына қызмет көрсету сияқты міндеттерді атқарады.

Бәрімізге мәлім, табиғи газ өзінің құрамы бойынша сұйытылған газдан ерекшеленеді. Сондықтан газ құбыры жүйесінің өзгеше техникалық сипаттамасын талап етеді. Сонымен қатар, нысандарды табиғи газ көзіне қосу қауіпсіздік техникасының заманауи талаптарына сәйкес келуі тиіс. Тұтынушыларды табиғи газбен қамтамасыз ету үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының нысанның алдын ала сметалық есебін құруға, жобалауға, салуға және газға қосуға көмек көрсетуге толық мүмкіндігі бар, тәжірибелі мамандары жеткілікті. Тұрғындарды табиғи газбен қамтамасыз ету үшін алдымен құрылыс-монтаждау жұмысына шарт жасалады. Осыдан кейін газбен жабдықтау жұмысы жүргізіледі. Бұл жұмыстардың барлығы ҚР "Газ және газбен жабдықтау туралы" Заңының баптарына сүйене отырып жасалады.

– Жалпы, Алматы облысының, оның ішінде Талдықорған қаласын газдандыру жұмысы қалай жүргізіліп жатыр?

– «QazaqGaz» ҰК» АҚ еншілес компаниясы саналатын «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, оның Жетісу өндірістік филиалы 2014 жылдан бері Алматы облысының Талғар және Іле аудандарының 18 елді мекенін және 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап Талдықорған қаласын көгілдір отынмен қамтамасыз етіп келеді. Өндірістік филиал толыққанды материалдық-техникалық базасы бар, халықты табиғи газбен қауіпсіз және үздіксіз қамтамасыз етуге қажетті заманауи инновациялық технологиялармен жабдықталған. Түрлі қызметтерге 200-ден астам қызметкер тартылған.

Алматы облысындағы 742 елді мекеннің 474-і газдандыруға жатады. Бүгінде 156 елді мекен газдандырылып, 1,2 миллион адам газға қол жеткізген. Біздің өндірістік филиал 57795 тұтынушыға, оның ішінде 1093 коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорынға, 112 өнеркәсіп кәсіпорнына қызмет көрсетеді. Өткен жылу беру кезеңінде газға 8 мыңнан астам тұтынушы қосылды.

Талдықорған қаласын газдандыру жұмысының басым бөлігі аяқталды. Талдықорған қаласы бойынша газ құбырларының жалпы ұзындығы 861269 шақырымды құрайды. Бүгінгі таңда 23308 жеке тұрғын үйдің 11118-і, 27423 пәтердің 13 580-і, 5162 кәсіпорынның 204-і газға қосылған. Жалпы, қаланы газдандыру жұмысы нәтижелі жүріп жатыр деп айтуға болады.

– Газдандыру жұмысындағы ең басты мәселе – апаттық жағдайларды болдырмау немесе қауіпті жағдайлардың алдын алып отыру. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылуда?

– Апаттық-диспетчерлік жұмыстың негізгі міндеті – газ тарату жүйелерінің жұмыс режимін басқару, газдандыру нысанында апаттардың алдын алу және жою бойынша жұмыстарды орындау. Осы тұрғыдан келгенде біздің мамандар мереке, демалыс күндеріне қарамай тәулік бойы жұмыс істейді. Штатта 5 диспетчер, 4 инженерлік-техникалық қызметкер және 8 слесарь бар. Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарына 4 көлік жұмылдырылған.

2021 жылғы 14 қарашадан бастап осы жылдың 15 сәуірі аралығындағы кезеңде газ құбырларында судың болуы және газ құбырлары мен олардағы құрылыстардың мұзdануы себебінен 16827 өтінім түсті. Орта есеппен күніне 300-600 өтініш түседі. Филиал күн сайын түсетін осындай өтінімдерді қанағаттандыру үшін тынымсыз еңбек етті. Соның арқасында биылғы жылыту маусымында былтырғыға қарағанда шағымдар 4 есеге азайды.

– Шынымен де алдыңғы жылдары жылыту маусымы кезінде газ құбырларынан су шығып, көгілдір отын сөніп қалып тұрғындарды біраз әбігерге салып еді. Осы жылыту маусымында мұндай шағымдар азайған болып тұр ғой?

– Иә, биылғы жылыту маусымында тұтынушылар тарапынан шағымдар азайды. Жылу беру маусымы штаттық режимде өтті. Осы жылыту маусымының қолайлы өтуіне өндірістік филиалдың былтыр жаз бойы толық көлемде жүргізген күзгі-қысқы кезеңге кешенді дайындық шаралары ықпал етті.

Өткен жылыту маусымында Талдықорған қаласында АДҚ-ға 4 мыңға жуық өтініш түскен. Өтініштер оқиғаның күрделілігі мен сипатына қарай белгіленген технологиялық мерзімде қарастырылды. Өтініштердің негізгі себебі – газ құбырларында және олардың бойындағы нысандарда конденсат, мұз тығындарының пайда болуы.

Мәселен, өндірістік филиалда газ құбырлары мен олардың бойындағы нысандарға жоспарлы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарымен қатар конденсат коллекторларын, дренаждық құбырларды орнату, жоғары және орташа қысымды газ құбырларын тазарту жұмысы жүргізілді. Мұз қату ықтималдығы жоғары аймақтарда барлығы 4 конденсат коллекторы мен 8 дренаждық құбыр орнатылды. Бұл жұмыстар 2020-21 жылғы жылыту маусымымен салыстырғанда осы жылыту маусымында конденсаттың пайда болуы мен мұз қатуына байланысты газ беруді тоқтату оқиғаларын 4 еседе қысқартуға септігін тигізді.

Күнделікті өмірде газды қауіпсіз пайдалану және ықтимал жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында төтенше жағдай мекемелерімен бірлесіп пресс-тур, рейд, тұрғындармен кездесулер жүйелі түрде өткізіліп, БАҚ-та, әлеуметтік желілерде қауіпсіздік ережелері туралы бейнематериалдар, мақалалар жарияланды. Сондай-ақ, өндірістік филиал көктемгі су тасқыны кезінде нысандар мен жабдықтарды пайдалануға дайындау бойынша жоспарлы жұмыстарды атқарды. Филиал су деңгейі көтерілген кезде болуы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін барлық қажетті материал, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Осындай тыңғылықты жұмыстар негізінде өткен жылыту маусымында ерекше қауіпті жағдай орын алған жоқ.

– Тағы бір кешенді жұмыс – қаладағы жылыту қазандықтарын газға ауыстыру. Бұл жұмыстардың қандай пайдалы тұстары бар?

– Өткен жылы Талдықорған қаласының екі жылыту қазандығы табиғи газға ауыстырылды. Газға ауыстыру кезінде №1 қазандықтан 504,9 тонна, №3-411 қазандықтан 8 тонна зиянды шығарынды азайды. Алдағы уақытта Талдықорған қаласының № 2, 5 кварталдарындағы қазандықтарды газға ауыстыру туралы жұмыс жүріп жатыр. Бұл бірінші кезекте атмосфераға шығарындыларды азайтып, өңірдің экологиялық жағдайын жақсартады және отын сатып алуға жұмсалатын шығындарды едәуір қысқартады. Жалпы қазіргі уақытта Талдықорған қаласындағы №1 және 3 орамдық қазандықтар, Көксу ауданындағы, Қапшағай қаласындағы орталық қазандықтар, Талдықорған қаласындағы №2 және 5 орамдық қазандықтар және Ескелді ауданындағы орталық қазандығы, барлығы 7 жылыту қазандығы газға ауыстырылды.

Алматы қаласына жақын аудандардағы тұрғын үй алаптарын, әлеуметтік, өндірістік және өзге де объектілерді газға кезең-кезеңімен көшіру жұмысы да қарқынды жүргізілуде. Көппәтерлі тұрғын үйлерде табиғи газбен жылытатын модульдік қазандықтарды орнату арқылы орталық жылуға ауыстыру бойынша жұмыс қарқынды жүріп келеді.

– Алдағы уақыттағы жұмыстарыңыз да салмақты болары анық. Бүгінгі сұхбатты пайдаланып, тұтынушыларға тағы не айтар едіңіз?

– Алдымен, тұтынушыларға табиғи газды қолданғанда қауіпсіздік шараларын барынша сақтаңыздар дегім келеді. Өз беттеріңізше газ жабдықтарының орнын ауыстыруға, қосымша газ құралдарын орнатуға болмайды. Ондай кезде міндетті түрде газ мамандарын шақырыңыздар. Ал біз өз кезегімізде сіздерге көгілдір отын беру арқылы үйіңізге жылу мен жайлылық сыйлауға әрдайым дайынбыз. Айта кетсем, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы жыл басындағы төтенше жағдай тұсында да барлық қажетті қауіпсіздік шарасын қабылдай отырып, штаттық режимде жұмыс істеді. Қауіп-қатердің алдын алу үшін жедел штаб құрылды және қызметкерлердің біразы қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылса да жұмыс тоқтаусыз жалғасты. Кейбір жағдайда компания қызметкерлері тұрғындарға телефон арқылы кеңес беріп, қажеттіліктерін шешіп отырады.

Апаттық жағдайды болдырмау үшін арнайы бригада жасақталып, тәулік бойы кезекшілікте жұмыс атқарып келеді. Бұл күнделікті және алдағы міндеттерді абыройлы атқару үшін қабылданған шаралар. Біз осылай тынымсыз және жүйеленген тәртіппен жұмыс атқарғанда ғана тұтынушыларды табиғи газбен толық және алаңсыз қамтамасыз ете аламыз.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Қажет АНДАС

№62
(19057)
Senbi,
4 maýsym,
2022 jyl

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisu2002@mail.ru

▲ 4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

БЕЛСЕНДІЛЕРДІ МАРАПАТТАДЫ

4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне орай облыстық тілдерді дамыту басқармасы «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздігіміздің белгісі» атты салтанатты жиын өткізіп, Жетісу жерінде патриоттық бағыттағы челленджге қатысқан белсенді жасөспірімдерді марапаттады.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Мәди АЛЖАНБАЙ

Әскери қызметкерлер, Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы өкілдері, облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, облыстық басқармалардың мамандары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мектеп оқушылары қатысқан шараны ашып, жүргізіп отырған облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов Мемлекеттік рәміздер күніне орай ұйымдастырылған салтанатты шараның мән-маңызын түсіндіріп өткен соң көпшілікті Қазақстан Республикасының Гимніне құрмет көрсетуге шақырды. Орындарынан тік тұрып, кеудеге қол қойған күйде Әнұранды қосыла шырқаған көпшілік одан соң елдіктің, мемлекеттіктің белгісі саналар рәміздердің маңыздылығына қатысты модератордың ой-пікірін тыңдады.

– Биыл мемлекетіміздің мәртебелі символы – Мемлекеттік рәміздердің қабылданғанына 30 жыл толып отыр. 1992 жылдың 4 маусымы – ел тарихындағы ерекше мәртебелі күн болды. Бұл күні қыран бейнелі көк Туымыз, басқаға ұқсамайтын шаңырақ шырайлы Елтаңбамыз, Әнұранымыздың әсем әуені мен әдемі мәтіні дүние есігін ашты, – деген Рахмет Разбекұлы қазақы дүниетанымға сай жасалған белгілерді түсіндіріп өтті. – Рәміздер тәуелсіз еліміздің атынан әлем алдында сөйлейтін тарихымыздағы тұңғыш ресми белгілері болса, көк Туымыз, Елтаңбамыз бен Әнұранымыз жаңарған Қазақстанның халықты біріктіруші символына айналды. Еліміздің төл рәміздері – тарихымыз. Ал Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – Отанын сүйген әр азаматтың парызы. Отанды қастерлеу, туған елге деген шынайы құрмет мемлекеттік рәміздерді қадірлеуден басталады.

Мемлекеттік рәміздер – елдіктің, егемендіктің басты нышаны, ұлттық рух пен қоғамдық келісімнің, сондай-ақ патриоттық тәрбиенің аса маңызды құралы. Көк байрағымыз көкте желбіреп, Елтаңбамыз ел төрінде нық тұрып, Әнұранымыз аспанда қалықтаса, ол мемлекет мерейі үстем, мәртебесі биік екенін, халқымыздың бірлік пен берекеде өмір сүріп жатқанын айғақтайды.

Салтанатты шара аясында Мемлекеттік рәміздер күніне арналған бейнеролик көрсетіліп, мектеп оқушылар мен әскерилердің өнері ортаға салынды.

Келесі кезекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялауына байланысты облыс көлемінде ұйымдастырылған 5-8 сынып оқушылары арасында «Отаным – алтын бесігім» атты байқаудың жеңімпаздары марапатталды. Қазақ поэзиясы арқылы Отанды сүю, елді, туған жерді құрметтеуді мақсат еткен байқауға барлығы 208 оқушы қатысыпты. Белсенділік танытқан балаларды марапаттаған облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов белсенді жасөспірімдерге бағалы сыйлықтар табыстады.

МЕРЕКЕГЕ АРНАЛДЫ

ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне орай шегара шебінде шаңырағын тіктеген Алакөл ауданында көптеген шаралар ұйымдастырылды. Мұның барлығы жастардың патриоттық сезімдерін оятып, елін, жерін сүюге баулу және рәміздерге деген ерекше құрметті қалыптастыруға бағытталған.



Шаралардың шымылдығын аудан орталығы Үшарал қаласының басты көшелерімен жүріп өткен автошеру ашты. Аппақ «темір тұлпарларды» тізгіндеген азаматтар көк туымызды көтеріп, тұрғындарға өзгеше көңіл-күй сыйлады.

Көк тулы көліктер керуені Д. Қонаев атындағы орталық алаңға тоқтады. Бұл жерге де рәміздерімізді құрмет тұтар қала тұрғындары көптеп жиналды.

Сахна төріне көтеріліп, құттықтау сөз алған Алакөл ауданы әкімінің орынбасары Мәулен Төлеужанов: «Рәміздер – бұл еліміздің төлқұжаты, ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Ал осы құнды дүниемізді жас буын жеткіншектердің санасына сіңіріп, ұлттық тәрбиемен сусындатып, бойларына патриоттық сезімді ұялату басты міндет. Мемлекеттік рәміздеріміз еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы, сонымен қатар ұлтымыздың өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың көрінісі», – дей келе, ҚР Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай аталған құндылықтарымызды насихаттау мен патриоттық тәрбие беруде ерекше еңбегімен танылған ұжымдарға аудан әкімінің Алғыс хаттарын табыстады. Құрметке ие болғандардың ішінде аудандық қазынашылық басқармасы, Үшарал орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі, Үшарал қалалық округінің әкімдігі, Үшарал №1 орта мектебі мен Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжі болды.

Артынша жас белсенді, Қабанбай батыр атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі Бек Қалибек жастардың атынан өздерінің жалынды ойларын білдірді.

Шара соңы мерекелік концертке ұласып, жиналғандар әуезді ән мен күмбірлі күйдің құшағында тербелді.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ
Алакөл ауданы

▲ СЕССИЯ

БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Облыстық мәслихат хатшысы Дәулет Жарасбаевтың төрағалығымен облыстық мәслихаттың кезекті XIX сессиясы өтті. Онда облыс бюджетінің өткен жылғы орындалуы, облыстық мәслихаттың «Алматы облысының 2022–2024 жылдардағы бюджеті туралы» 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 12-59 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселелер қаралды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен облыс әкімінің міндетін атқарушы Лаззат Тұрлашовтың баяндамасы тыңдалды. Айтуынша, аймақ экономикасының өткен жылғы өсу қарқыны 7,6 пайызды құраған. Қолданыстағы бағдарламалар аясында мемлекеттік қолдаудың арқасында былтыр шағын кәсіпкерлік саласында оң динамика сақталған. Мәселен, ЖӨӨ құрылымындағы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 5 пайызға жеткен. Агроөнеркәсіп кешенін қолдауға бюджеттен 53 млрд. теңге бөлініп, оның 47 млрд. теңгесі субсидияға жұмсалған. Өткен жылы бюджет шығыстарының басым бөлігі өңірдің әлеуметтік дамуына бағытталған. Мұндай оң нәтижеге қол жеткізуге облыстық мәслихат депутаттарының қосқан үлесі бар. Осы ретте Лаззат Махатұлы оларға бүгінге дейін жергілікті атқарушы органмен бірлесе жұмыс атқарып, аймақ дамуына біркісідей атсалысқандарына алғысын жеткізді.

Бұдан соң облыс бюджетінің өткен жылғы атқарылуы туралы облыс бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Мейрам Мұсаев баяндады. Сөзінше, өткен жылдың нәтижесіне сәйкес, аймақ экономикасының дамуына өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы салалары өнімдерінің тұрақты өсуі тікелей әсер еткен. Негізгі капиталға салынған инвестициялар мен құрылыс жұмыстарының, шағын және орта бизнес субъектілері өндіретін өнімдердің көлемі артқан. Әлеуметтік салада да тұрақты жағдай қалыптасып, халықтың жалақысы мен ақшалай табыстары өскен.

Кірістер 41,1 пайызға артқан, оның ішінде салықтық, салықтық емес, трансферттік түсімдер бар. Ал негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 14,3 пайызға төмендепті. Шығындар бойынша облыс бюджетінің параметрлері 98,9 пайызға орындалған. Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қазына қаражатын толық әрі тиімді игермеуінің бір себебі – қаржылық жыл ішінде игеруге мүмкіндік жоқ сомаларды басқа мақсаттарға бағыттамай, игерілуін жыл соңына дейін қалдырып қойған. Өткен жылы бюджеттік инвестицияның ең үлкен үлесі өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі салаларына бағытталған, яғни 23,3 пайыз. Бірақ бюджеттік инвестициялық жобалардың тиімді аяқталуын қамтамасыз ету кемшін. Сонымен бірге дебиторлық қарыздар ұлғайған. Баяндамашы, сондай-ақ, қаржылық құқық бұзушылық деректерге де тоқталып, осы және басқа да өзекті мәселелерге байланысты қабылдануы тиіс іс-шаралар тарқатыла айтылды. Яғни, әрбір бюджеттік бағдарлама әкімшісі өздерінде анықталған кемшіліктер мен құқық бұзушылықтардың себебін талдап, олардың алдын алу шараларын қабылдауы тиіс.

Өз кезегінде облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов бюджетке енгізілетін өзгерістер жайында айтып берді. Белгілі болғандай, биылдың 1-тоқсанына кірістер көлемі 130,3 пайызға орындалғаны ескеріле отырып және шұғыл шешімін талап ететін шығындарды қаржыландыру мақсатында салықтық түсімдер болжамын 22 млрд. теңгеге арттыруға ұсыныс енгізілді. Алматы облысының бюджетіне қосымша 97,1 млрд. теңге бөлінді. Қосымша бөлінген бұл қаражат бірнеше саланың шығындарына бағытталатын болады.

Басқарма басшысы бюджет шығыстарын нақтылау бойынша депутаттар қарауына бірқатар ұсыныс енгізді. Мәселен, Талдықорған қаласының агротехникалық колледжінің өндірістік цехын газға қосу, Қарасай, Қаратал аудандарында екі мектептің құрылысын және Алакөл ауданының «Жалын» лагерін қайта жаңартуды аяқтау, мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім беру ұйымдарына кедергісіз кіруі үшін пандус орнату, сұранысқа ие мамандықтарға жастарды тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету, сол сияқты Қаратал орталық аудандық ауруханасын, Сарқан ауданы Черкасск ауылдық дәрігерлік амбулаториясының ғимаратын күрделі жөндеу, Қарасай ауданаралық көпсалалы ауруханасының жедел-сатысын ауыстыру, «Үшарал» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына сұйық отын қазандығын сатып алу, жұмыс орындарын құруды есепке алу үшін еңбек мигранттарына жалақы төлеу, Алакөл, Панфилов, Сарқан аудандарында тұрғын үйлердің құрылысын аяқтау, Қаратал аудандық Мәдениет үйінің қасбетін ағымдағы жөндеу, электр желілерін ауыстыру, тағы басқа да жұмыстарға қаражат қарастырылып отыр. Соңында Жомарт Әмірхановтың ұсыныстарына депутаттар бірауыздан қолдау білдірді.

Жиында аймақтағы кейбір білім беру ұйымдарына атау беру және оларды қайта атау жөніндегі ұсыныстарды ҚР Үкіметі жанындағы республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізу туралы шешім қабылданып, форвардтық сатып алуға қатысатын ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізушілердің тізбесін қарау және бекіту жөніндегі Үйлестіру кеңесінің дербес құрамы бекітілді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылғы 8 маусымда Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс XX сессиясы өткізіледі.

Күн тәртібінде:

1. Алматы облыстық мәслихатын Алматы облыстық және Жетісу облыстық мәслихаттарына бөлу туралы.

2. Алматы облыстық мәслихатының депутаттық корпусын бөлудің кейбір мәселелері туралы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылғы 8 маусымда Жетісу облыстық мәслихатының I ұйымдастыру сессиясы өткізіледі.

Күн тәртібінде:

1. Жетісу облыстық мәслихатының хатшысын сайлау туралы.

2. Жетісу облыстық мәслихатының тұрақты комиссияларын құру туралы.

3. Жетісу облыстық мәслихатының тұрақты комиссияларының сан құрамын белгілеу және олардың құрамын сайлау туралы.

4. «Жетісу» облыстық мәслихатының аппараты мемлекеттік мекемесін құру туралы.

5. Жетісу облыстық мәслихатының құрылымын және штат кестесін бекіту туралы.

6. Жетісу облыстық мәслихатының Регламентін бекіту туралы.

▲ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ

ТУРИЗМДІ ДАМЫТУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасы ғимаратында облыстық мәслихаттың индустриялық-инновациялық, көліктік логистикалық даму, кіші және орта бизнесті, туризм мен спортты қолдау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтті. Онда Алакөл және Балқаш көлдерінде бұқаралық-спорттық іс-шараны ұйымдастыру және өткізу, автомобиль жолдарының жай-күйі және соған байланысты түскен өтініштерді шешу жолдары қарастырылды.

Қажет АНДАС

Отырысты комиссия төрайымы, облыстық мәслихат депутаты Римма Салықова жүргізіп, комиссия мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Нұрсұлтан Орынбасаровтың Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауында туризмді, спорт пен бизнесті дамыту бойынша ұсынысы тыңдалды.

– Бүгінде спорттық шаралар арқылы туризмді дамытудың мүмкіндіктері мол. Соның ішінде әлемдік деңгейдегі спорттық сайыстар мен шараларды Алакөл, Балқаш көлдері маңында өткізу арқылы шетелдің танымал спорт шеберлерін шақырып, жеріміздің байлығын, еліміздің дарқандығын шартарапқа паш етуге болады. Сондықтан кәсіпкерлер, облыстық басқармалар бірлесе жұмыс атқару арқылы осы бағытта тың жобаларды ойластырып, жүзеге асыруы керек деген ойдамын, – дей келе депутат Нұрсұлтан Жұмабайұлы спорттық шаралар арқылы туризмді өркендетіп отырған елдердің тәжірибесін таныстырып, бірнеше ұсынысын ортаға салды.

Бұл ұсыныстарға облыстық туризм басқармасының басшысы Жанар Алчимбаева, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Серік Самұратов, Алакөл ауданы әкімінің орынбасары Мәулен Төлеужанов пен Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Жомарт Мыңбаев жауап берді. Десе де, аймақтың туристік әлеуетін көтеру үшін өңірлердегі көлік жолдарының сын көтермейтіндігі де қолбайлау болып келе жатқаны анық. Дегенмен, отырысқа қатысқандар бұл бағыттағы жұмыстардың да кейінгі жылдары жақсы қолға алынғанын атап өтті.

Олардың айтуынша, облыс аумағындағы республикалық маңызы бар автомобиль жолы 2822 шақырымды құрайды. Оның ішінде 812 шақырымы қайта жаңартылуда, ал 85 шақырымы күрделі, 15 шақырымы орташа жөндеумен қамтылған, ағымдағы жылы ҚР Үкіметінің тапсырмасы бойынша қайта жаңғыртылатын 588 шақырым автомобиль жолдарының ішінде «Үшарал – Достық» бағытының 0 -180 шақырымы да бар. Сондай-ақ, «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен» автомобиль жолын қайта жаңарту да өңірдің туризм саласын дамытуға орасан ықпал етеді. Бұл жұмысты қытайлық CITIC Construction Co, LTD жүзеге асыруда. Ал «Үшарал – Достық» автомобиль жолын қайта жаңарту жобасына «Қыран» ЖШС және «АБК-Автодор-НС» ЖШС тартылған. Жобаның жалпы құны 46 млрд. теңгені құрайды, оның 33,4 млрд. теңгесі игерілді. Жоба республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады. Мердігерлік ұйымдар учаскеге 500-ден астам техника мен 1000-нан астам жұмысшыны жұмылдырды. Ағымдағы жылы 12 су өткізу құбыры, 5 көпірдің құрылысын аяқтау көзделген. Өткен жылдардағы жұмыс өз деңгейінде атқарылса, жоба бойынша биыл 10,8 млрд. теңге қаржы игерілуі керек.

Иә, осындай қыруар жұмыс атқарылып жатқанымен де жол мәселесінің әлі де өзекті екендігін жоққа шығара алмаймыз. Жиынның соңында көпшілік аймақтың туристік әлеуетін көтеру жолдары мен жол мәселесін шешу туралы ортақ пікірге келді.

Тәуелсіздік — бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

№63

(19058)

Seısenbi,
7 maýsym,
2022 jyl

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisu2002@mail.ru

▲ АҚОРДА



Мемлекеттік Ту көтеру рәсіміне қатысты

Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған Ту көтеру салтанатты рәсіміне қатысқан Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ көпшілікті Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, бұл күннің егемен еліміз үшін айрықша мерейлі әрі маңызды екенін атап өтті.

– Қасиетті нышандарымызда қазақтың мың жылдық арман-тілегі, мақсат-мұраты түгел тоғысқан. Ту халқымыз үшін қашанда ерлік пен елдіктің символы саналған, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы тарихқа тоқталып өтті. – Көк түріктер заманында бабаларымыз бөрілі байрақтың төңірегіне топтасты. Қазақ хандығының туы бүкіл ұлтты ұйыстырды, ел бірлігін бекемдеді. Ал, өткен ғасырда арыстарымыз «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз!» деп халыққа жігер берді. Көне дәуірден мирас болған осы дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге жетті. Қазақ елінің көгінде Ұлы Даланың айбынын асырған Тәуелсіздік туы желбіреді. Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Ал, Әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Әрқайсымыздың кеудемізге мақтаныш ұялатады. Өйткені, бұл – бабаларымыздың орындалған арманы.

Президент еліміздің басты құндылықтарын құрметтеу бәріміздің перзенттік парызымыз екеніне назар аудартып, оған немқұрайды қарайтындарға, қадір-қасиетін түсіретіндерге біржола тосқауыл қою қажеттігін айтты.

– Мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі жөніндегі заңнаманы күшейту маңызды. Сонымен бірге, жастарға жанжақты түсіндіру жұмысын жүргізген жөн. Бұл – бүкіл қоғамның міндеті. Осы орайда, бүгінгі салтанатты іс-шараның тәрбиелік мәні өте зор. Ту көтеру – аса маңызды оқиғаларға орай жасалатын ерекше рәсім. Халқымыз тарихи таңдауын жасайтын сәтте алып байрағымыздың көкте желбіреуін жақсы ырымға балаймыз, – деген Мемлекет басшысы салтанатты жиында сөйлеген сөзінде мемлекеттік рәміздер елдігіміздің жарқын көрінісі, халқымыздың мақтанышы және абыройы екенін атап өтті. Оның пікірінше, Қазақстанның Туы, Елтаңбасы мен Әнұраны ұлтымыздың азаттыққа, өркендеуге және жасампаздыққа деген табанды ұмтылысын білдіреді. Сонымен қатар баршамызды мызғымас бірлікке ұйыстырып, әрбір азаматты Отан үшін күнделікті қажырлы еңбек етуге және үлкен жетістіктерге үндейді.

– Көк туымызды салтанатты түрде көтеріп, ата-бабамыздың даңқты дәстүрін жалғастырамыз. Желбіреген туымыз Тәуелсіздік мұраттарына адал болуға шақырып, ерекше жігер береді. Жаһандық экономикада өршіп келе жатқан сын-қатерлер мен бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс жағдайында біз мемлекеттігімізді нығайту үшін күш-қуатымызды еселей түсуіміз керек. Мемлекеттік рәміздерімізді мазақ етуге, қорлауға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Мұндай әрекеттерге барғандарды қатаң жазалаған жөн. Біртұтас халық ретінде ұйыса отырып, біз кез келген қиындықты бірге жеңіп, әділетті, тиімді мемлекет құра аламыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, бас байрағымызды көтерген сәтте ең үздік курсанттарға әскери шен тапсыру игі дәстүрге айналғанын атап өтті.

– Сіздер Қарулы Күштеріміздің 30 жылдығында офицер атанғалы тұрсыздар. Бұл – үлкен абырой, зор жауапкершілік. Сондықтан осы мәртебеге лайық болып, көпшілікке үлгі-өнеге көрсетулеріңіз керек. Туған елдің тыныштығы мен тұтастығын қорғау – әр азаматтың қасиетті борышы. Тәуелсіздік туын биік ұстау – Отан күзетінде тұрған әрбір ұланның абыройлы міндеті. Ерлік істер осындай патриоттық сезімнен бастау алады. Сіздер ел үмітін ақтайсыздар деп сенемін. Әскери шендеріңіз құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Көк байрағымыз әрдайым биікте желбіресін! – деген Қазақстан Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы салтанатты рәсім барысында жоғары әскери оқу орнының 12 үздік түлегіне офицер погонын тақты.


Ту көтеру рәсіміне Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, мемлекеттік органдар басшылары, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссия мүшелері, жоғары әскери оқу орындарының курсанттары мен олардың туыстары қатысты.

www.akorda.kz

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Дәурен Айдарұлы Сихаев облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Дәурен Айдарұлы СИХАЕВ



1991 жылы туған. Жоғары білімді. Еуразия гуманитарлық институтын, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін шет тілдері, ақпараттық жүйелер және юриспруденция мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын "Астана қаласының XXI ғасыр көшбасшысы" жастар қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары болып бастаған.

Кейін "Вектор" өндірістік компаниясы" ЖШС техник-программисі, "Қазақстан ғарыш сапары" ҰК" АҚ-ның автоматтандыру және диспетчерлендіру жөніндегі технигі, Елордадағы "Азаматтарға арналған үкімет" МК" КЕАҚ кеңсесінің цифрландыру жөніндегі бас менеджері, Нұр-Сұлтан қаласындағы "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ жүйеаралық өзара байланыс басқармасының басшысы болды.

2021 жылдың қаңтарынан Нұр-Сұлтан қаласындағы "Электронды денсаулық сақтау республикалық орталығы" ШЖҚ РМК бас директорының кеңесшісі.

▲ РЕФЕРЕНДУМ

Елдің алдымен таңдау жасады

Еліміздегі референдумға байланысты облыс аумағында №1053 сайлау учаскесі таңғы сағат 07.00-ден өз жұмысын бастап, саяси реформаның жүзеге асуына үлес қосатын 1 миллион 392 мың 237 адамды күтуге кірісті. Солардың қатарында Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында орналасқан №974 сайлау учаскесінде облыс әкімі Қанат БОЗЫМБАЕВ алғашқылардың бірі болып өз таңдауын жасады.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Дегенмен қала тұрғыны Нұрлан Талдыбаев учаскеге ең алдымен келген сайлаушы ретінде тіркелді.

– Бүгін жексенбі болғанына қарамастан менің жұмыс күнім. Сондықтан күнді жақсы істен бастау үшін сайлау учаскесіне алдымен кіруді ойластырдым. Еліміз Қазақстанның болашағы жарқын болуы әрқайсымызға тікелей байланысты. Сондықтан саяси шарадан сырт қалуды өзіме ар санадым, – дейді Нұрлан Талдыбаев. Оған алғашқы дауыс беруші ретінде естелікке сыйлық берілді.

Ерлі-зайыпты Мұқабаевтар жас отбасы ретінде референдумға балаларымен бірге келіпті.

– Екі баламыз бар. Ата-ана болғандықтан солардың болашағына алаңдаймыз. Олардың дамыған мемлекетте, қуанышқа толы келешекте өмір сүргенін қалаймыз. Өз еліміздің патриоты ретінде біз азаматтық ұстанымымызды көрсетіп, референдумға дауыс беруге келдік, – дейді ерлі-зайыпты жас отбасы.

Учаскедегі комиссия төрағасы Әділжан Ғұмаровтың айтуынша, биыл дауыс берушілердің белсенділігі ерекше.

– Біздің сайлау учаскеміз қаладағы сайлаушысы ең көп бөлім саналатындықтан оған 2453 адам тіркелген. Адамдардың белсенділігі жоғары, бір-екі сағаттың ішінде 150-ден астам адам дауыс беріп үлгерді. Әлі де келіп жатыр. Жұрттың бәрі мерекелік көңіл күймен жүр. Осының өзі көп нәрседен хабар берсе керек, – дейді комиссия төрағасы.

Дауыс беру шарасын бақылаушылар мұқият қадағалап отырды.



Жаңа кезеңнің бастауы

Жуырда ғана атауы жаңарған Қонаев қаласының тұрғындары да бүкілхалықтық саяси шарада өз таңдауын жасады. Еліміз белді бекем буып жаңа кезеңдерге батыл қадам басқалы отыр. №949 сайлау учаскесіне таңғы сағат жетінің өзінде жұртшылық өкілдері көптеп жиналды. Қалалықтар өздеріне жүктелген жауапкершілікті барынша сезінгені байқалады.

Болат МӘЖИТ

– Көпті көрген қариялардың бірімін. Небір қиындық пен қызықтарды бастан кешірдік. Алайда мына референдумның жөні бөлек. Сол үшін ерте тұрдым. Жаратқаннан халқыма, Отаныма сәттілік тіледім. Содан кейін осында келіп, алғашқы лекте дауыс бергенді қаладым. Жастарымыз аталарына қарап сап түзесе жаман болмайды, – деді ардагер ұстаз Амангелді Керімбеков.

Кәмелеттік жасқа толған жаңа буынның өкілі Аида Иманбаева өзінің алғаш дауыс беруі жаңаруға шақырған референдумға сәйкес келгеніне қуанғанын тебіреніспен паш етті.

Бұдан кейін дауыс беру басталды. Тізімдеріне сәйкес сайлаушылар алған бюллетеньдерімен кабинаға кіріп таңдауын жасап жатты. Сайлау учаскесінде тиісті құжаттардың бәрі заңға сәйкес рәсімделген. Комиссия тарапынан дауыс берушілерге қызмет көрсету жан-жақты қамтамасыз етілген. Денсаулығына байланысты учаскеге келе алмайтын адамдардың жағдайы толық қарастырылған. Бақылаушылар да өз орнында. Саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардан іріктеліп алынған белсенділер саяси шараның дұрыс өтуіне үлес қосамыз деген ниетте.

– Учаске бойынша 1557 дауыс беруші тіркелген. Қазір сағат 9.55-ті көрсетіп тұр. Осы уақыттың ішінде 430 адам дауыс беріп үлгерді, – дейді 949 сайлау учаскесінің төрайымы Анар Абышева.

Біз бұдан кейін №943 сайлау учаскесінде де болдық. Комиссия төрағасы Сайлау Бәкіровтің берген мәліметі бойынша, сағат 11.40-та 503 адам дауыс беріп үлгеріпті. №935 сайлау учаскесіндегі саяси шараға да куә болдық. Ең бастысы, дауыс беруші құқығына зиян келетін өрескелдік орын алған жоқ. Қаланың көпұлтты халқы ынтымақ-бірлігін жарастыра отырып өз таңдауын жасап жатты. Сайлау учаскелерінің алдында аудан өнерпаздары концерттік бағдарлама ұйымдастырып, дауыс беруге келген адамдарға тегін тамақ үлестірілді.

Елдік мәселеде тізе қосқанның айыбы жоқ. Орталықта бой көтерген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың асқақ мүсіні баршаға осы сөзді ұқтырып тұрған тәрізді.

Қонаев қаласындағы біз барған №949 учаскелік сайлау комиссиясының төрайымы Анар Әбішевамен хабарласқанда сағат 20.00-ге дейін саяси шарада 1137 адам дауыс бергенін айтты.

– №949 сайлау учаскесіне референдумда дауыс беру үшін 1557 адам тіркелген еді. Соның 73 пайызы өз таңдауын жасады, – деді Анар Қуанышбекқызы.

Ал қаладағы №943 сайлау учаскесінде де тіркелгендердің саны 72 пайызды құрады. Яғни тізімдегі 1229 адамның 885-і дауыс берді.

Қонаев қаласы

Оң өзгеріс күтеді

Референдум өткен күні таңғы сағат 7-де Қаскелең қаласындағы Байжанов атындағы орта мектепте орналасқан №426 аумақтық учаске өз жұмысын бастады. Сағат 11-ге дейін мұнда сайлаушылардың 37,75 пайызы дауыс берді.

Алма ЕСЕНБАЙ

– Жалпы, біздің учаскеге 2130 адам бекітілген, – деп түсіндірді комиссия төрайымы Ақмарал Сүлейменова. – Олардың арасында референдумға алғаш рет қатысып отырған 12 ұл мен қыз бар. Ашылуына келген 7 адамның үлкені Любовь Гнутова 82 жаста. Олардың соңынан тағы 15 азамат өз көзқарасын білдіруге келді, содан кейін адамдардың қатары көбейе түсті. Ең алдымен, үлкен кісілер белсенділік танытты. Жастардың да шетте қалмағаны қуантады. Көбісі отбасымен келді. Біз үшін бұл шын мәнінде үлкен мереке, көптен күткен оқиға болды.

Ақмарал Сүлейменованың айтуынша, алдын ала өзінің орынбасары Жадыра Омарова, хатшысы Жұлдыз Сатыбалдиевамен және учаскелік референдум комиссиясының тағы 6 мүшесімен бірге тізім жасау, азаматтарды нақтылау және түсіндірме жұмысын жүргізу, референдум өтетін күнге учаскені дайындау бойынша үлкен жұмыс жүргізген. Учаске бойынша бекітілген тұрғындардың үмітті ақтап, белсенділік танытқанына қуанышты.

Референдумға қатысушылардың пікірлерін тыңдадық. Зейнеткерлермен де тілдесудің сәті түсті. Олар осы маңызды және уақытылы саяси оқиғадан оңды өзгерістер күтеді.

– Мемлекет басшысының халыққа жақын болғанын және оның қажеттіліктері туралы көбірек ойлағанын қалаймын, – деді Болатжан Белкіұлы. – Бұл өмір сапасын арттыру, біздің әл-ауқатымызды жақсарту үшін маңызды. Жастардың көптеген проблемасы шешіліп, жұмыспен, тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне көңіл бөлінсе дейміз. Бәріміз бірге міндетті түрде елімізді жаңа деңгейге шығарамыз, Жаңа Қазақстан құрамыз деп сенемін.

Ал Осман мен Замира Сүлейменовтер сайлау учаскесіне алғаш рет дауыс беруге қатысқан қызы Айнұрмен бірге келді.

– Жалғыз адам жауынгер бола алмайтыны секілді, Президент өз командасының және барлық қазақстандықтың қолдауынсыз жетістікке жете алмайды. Сондықтан біздің тез өзгеретін әлемде болып жатқан барлық сын-қатерлер мен өзгерістерге жедел ден қоя алатын мықты, мобильді Парламент құруымыз өте маңызды. Ең бастысы, қаңтар оқиғасы сынды қақтығыстардың қайталануына жол бермеу, – деп есептейді Осман Сүлейменов.

Референдумға келіп өз таңдауын жасаған әрбір жанның өзіндік үні, жеткізер тілегі бар. Олардың қай-қайсысы да баянды болашаққа, заңымызға енгізілер өзгерістердің елімізді жаңа биікке бастайтынына сенеді.

Қарасай ауданы

Өте маңызды қадам

Көксу ауданы, Балпық би ауылындағы Қадырғали Жалайыри атындағы №655 сайлау учаскесінде дауыс беруге алдымен аға буын өкілдері келді. Жастар жағы сәл кейінірек келгенімен дауыс берудің басым бөлігі солардың еншісінде болды. Аталған учаскеге 2135 адам тіркеліпті.

Қажет АНДАС

– Жүргізілген түсіндіру жұмыстарының арқасында әркім өз учаскесін оңай таба алды. Өйткені азаматтардың көпшілігі ЖСН арқылы және www.gov.kz/referendum, www.referendum.gov.kz, www.referendum2022.gov.kz ақпараттық желілері арқылы тіркелген учаскелерін алдын ала анықтаған. Дауыс беру барысын саяси партия және қоғамдық бірлестік өкілдерінің бақылаушылары мұқият қадағалап отырды, – дейді сайлау комиссиясының төрағасы Балауса Қасымова.

Жалпы, сайлау барысында сайлаушылардан жеке басын куәландыратын құжат талап етілді. Содан кейін олар референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне қол қойып, дауыс беруге арналған бюллетеньді алып, оны дауыс беруге арналған арнайы стендте толтырып, өз таңдауын жасады. Толтырылған бюллетень дауыс беруге арналған жәшікке салынды.

– Елімізде болып жатқан реформалар жүйелі, кешенді сипатқа ие. Егер Ата Заңға түзетулер енгізу қабылданса, барлық табиғи ресурс пен жер қойнауы Қазақстан халқына қайта оралады. Сондай-ақ, түзетулерді іске асыру супер президенттік басқару формасынан "Күшті Президент, ықпалды Парламент, есеп беретін Үкімет" қағидатына көшуге жол ашады. Бұл ел көңіліне ұнайтын өте маңызды қадам, – дейді дауыс беруге келген ауыл тұрғындарының бірі.

Көксу ауданы

ТУРИЗМ



КӨҢІЛДІ ДЕМАЛЫС МЕКЕНІ

Биыл Алакөлге 1,5 миллион демалушы келіп, аудан экономикасына 9 млрд. теңге қаржы түседі деп күтілуде. Дегенмен, үйге келген бір қонақты жолға салу үшін біраз дайындалатынымызды ескерсек, 1,5 миллион адамды лайықты қарсы алып, ризалықпен аттандыру үшін де көп еңбек керек. Алайда, оған алакөлдіктер сақадай сай көрінеді.

Қажет АНДАС

Бүгінде Алакөл демалыс аймағында күніне 23566 туриске қызмет көрсететін 278 демалыс орны бар. Сонымен қатар, былтыр өз қаражаты есебінен 750 орынды 14 нысан қолданысқа беріліп, аудан экономикасына 2,2 млрд. теңге инвестиция тартылған. Нәтижесінде демалушылардың саны 1 млн. 407 мың адамға жетіп, 8 млрд. 437 млн. теңгенің қызметі көрсетілген. Осыған қарап салыстырмалы түрде биыл алға қойған жоспардың орындалатынына күмәнсіз сенуге болады.

Адамдар демалысқа жайлы жерді таңдайды. Сондықтан Алакөлдің туристік әлеуетін жақсарту үшін әлі де бірталай қызмет атқарған жөн. Әсіресе, демалушыларды таза ауызсумен қамтамасыз етуді естен шығармау керек. Осы мақсатта бүгінде құны 7,2 млрд.теңгені құрайтын қуаттылығы 6,5 мың текше метр кәріз тазарту нысанының құрылысы басталған. Келесі кезекте қонақтарды жиі толғандыратыны – автокөлік жолы. Жалпы, аудан аумағында республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар 1448,3 шақырым автокөлік жолы қолданыста. Бірнеше жылдан бері аудан аумағынан өтетін Алматы – Өскемен автокөлік жолының 466-615 шақырымы қайта салынуда. Бүгінде осы аумақтың 128 шақырымы пайдалануға берілгенімен, 21 шақырымында «Ситик констракшн» компаниясының 3, 4, 5 учаскесі қызу жұмыс жүргізуде. Өкінішке қарай, құрылыс материалдарының қымбаттауы, жаңғырту жұмысына әзірленген сметалық құжаттаманың қайта есептелуіне байланысты жұмыс уақытша тоқтап тұр. Жобаны аяқтау қазан айына жоспарланып отыр. Ал Үшарал – Достық автокөлік жолының 0-60 шақырым аралығына асфальт төсеу жұмысының 90 пайызы орындалған. Үшарал – Достық бағытындағы 60-180 шақырым аралығындағы автожолдың 87 шақырымы ғана пайдалануға беріліп, қалған бөлігі тоқтап тұр. Демек, жолдың нашарлығы туристердің қызығушылығын төмендетуі де мүмкін.

Осыған орай алакөлдіктер қара жолдың қиындығын көп көретін туристерді теміржол және әуе рейстері арқылы тасымалдауға да барынша назар аударуда. Осы мақсатта Алматы – Достық бағытында «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ-ның билет құны қолжетімді 12 «Тальго» вагоны қатынайды.

Көл жағалауында туристерге қолайлы жағдай жасау, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында волейбол, футбол жағажай спорт алаңдары мен 10 гектарды құрайтын «Тәуелсіздік» саябағы салынып, туристерге қызмет етпек. Сондай-ақ, спорттық шаралар арқылы туристердің назарын аудару үшін 11-12 маусым аралығында триатлоннан республикалық чемпионат, «Алакөл – 2022» жазғы спартакиадасы, жағажай волейболы, футбол, бильярд турнирі, республикалық «Алакөл алаулары» жайдарман ойындары, «Alakol Open» блогерлер мен журналистер слеті жоспарлануда.


Осындай шаралар Алакөлдің туристік әлеуетін жақсартып, қызмет көрсету сапасын арттыра түседі деген үміт бар.

КӘСІПТІК БІЛІМ

«ЖАС МАМАН» – жаңғыру мен жаңару жолы

Қазіргі уақытта елімізде «Жас маман» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл – колледждердің материалдық базасын жақсарту мен білікті маман даярлау мақсатында іске асырылып жатқан жоба. Оның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуына қосар үлесі зор. Жоба аясында сұраныстағы 100 кәсіп бойынша кәсіптік-техникалық 180 колледж бен 20 жоғары оқу орнын қайта жаңғырту мен білікті мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу қарастырылған.





■ *«Жас маман» жобасы аясында Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжіне республикалық бюджеттен 270 млн. 480 мың теңге бөлінді. Бұл қаражат колледждің инфрақұрылымын жаңартуға жұмсалды. Сатып алынған 34 дана құрал-жабдық пен техникалар «ZIGAR» Еуропалық қоғамдастық елдеріндегі компанияда өндірілген.*

Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі өткен жылы облысымыздағы 74 кәсіптік-техникалық білім беру мекемесі ішінен іріктеліп, таңдаулы 12 колледж қатарында «Жиһаз өндірісі» мамандығы бойынша аталмыш жобаға енген болатын. «Жас маман» инновациялық жобасы аясында колледжіміз өңірдегі сұранысқа ие «Жиһаз өндірісі» мамандығы бойынша өз материалдық базасын кеңейтіп, Халықаралық стандарт талаптарына сәйкестендірілген заманауи қондырғылармен жабдықталды. Ол үшін республикалық бюджеттен 270 млн. 480 мың теңге бөлінді. Бұл қаражат колледждің инфрақұрылымын жаңартуға жұмсалды. Сатып алынған 34 дана құрал-жабдық пен техникалар «ZIGAR» Еуропалық қоғамдастық елдеріндегі компанияда өндірілген.

«Жас маман» жобасы аясында колледжіміз аталған мамандық бойынша өз материалдық базасын кеңейтумен бірге, талапқа сай білікті маман даярлау ісіне кірісіп кетті. Өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары кіріктірілген сабақтар өткізуде. Теориялық білімді арнайы пән оқытушысы берсе, практикалық тұрғыда өндірістік оқыту шебері студенттердің алған білімдерін бекітуде. Сондай-ақ, жалпы білім беретін пәндер мен арнайы пәндер кіріктіріп оқытылуда.

«Жас маман» жобасы жаңғыру мен жаңаруды көздейді. Осы жоба аясында «Жиһаз өндірісі» мамандығы бойынша білім алатын студенттеріміз жоғары деңгейде, республикамыздың ірі қалаларында жұмыс істеуге және де өз білімін жоғары оқу орындарында жалғастыруға мүмкіндік алып отыр. «Жас маман» жобасына енген «Жиһаз өндірісі» мамандығының білім беру бағдарламасы шетелдік (финдік) әріптестер әзірлеген білім беру бағдарламасы және «Soprano Group» әдістемелік ұсынымы негізінде жасалды, кредиттік-модульдік оқу жұмыс жоспары құрылды.

Облыстық білім басқармасымен бірлесіп, «Жас маман» жобасы – кәсіби даму негізі» тақырыбында облыстық семинар ұйымдастырдық. Онда жоба бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндап, «Ағаштан жасалатын өнімдерді даярлау жолдары» және «Жиһаз бөліктерін әзірлеу» бойынша шеберлік сыныптарын өткіздік.

Алдағы уақытта да ұжым болып атқаратын міндеттер жоспарланған. Демек, «Жиһаз өндірісі» мамандығы бойынша құзыреттілік орталығын ашу, жаңа серіктестер қатарын ұлғайту, Республикалық жиһаз өндіру ассоциациясымен байланыс жасап, құрамына ену, құзыреттілік орталығының жұмысын біліктілікті арттыру курсы мен іс-тәжірибе тарату шаралары арқылы жетілдіру, дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту бойынша (кәсіпорын базасында және т.б.) үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету, WorldSkills талаптарын ескере отырып, құзыреттіліктерді анықтау жөнінде демонстрациялық емтихан өткізу жоспарымызда бар.

Тарихы терең колледж ұжымы студенттердің жан-жақты дамуына жағдай жасауды көздей отырып, бәсекеге қабілетті маман даярлауды негізгі міндетіміз деп санап, жұмыстарын жалғастыра бермек.

Әсет ЖҰМАДІЛОВ,
Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжінің директоры, ҚР білім беру ісінің үздігі

САҒЫНЫШ

Әкеміздей болып кеткен Жақан Тышқанбайұлының арамыздан алыстағанына бір айдың жүзі болды. Амал не, ойда-жоқта ардақты азаматтан айырылып қалдық. Біз өте жақсы сыйластық. Баталы сөзіне қанық болып, талай дастарқанның басында салиқалы әңгімелеріне сусындадық.



ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ

Қайын жұртты қадір тұтқан Жақан ақсақал екеуіміздің ойымыз бір жерден шығатын. «Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бажа тату» демекші, біздің бірлігімізге еш сызат түспеді. Бажалардың ең үлкені болған соң «генерал-бажа» деп әзілдейтінмін.

Жақан Тышқанбаев – Райымбек батырдың ұрпағы. 1938 жылы Алатаудың етегіндегі №336 кеңшардың «Көкпияз» фермасында дүниеге келген. Жастайынан еңбекке ерте араласты. 1958 жылы Кеген ауылында жүргізуші курсын бітіріп, одан кейін арнаулы орта білім алды. 1964 жылы өмірлік жары Гүлсім әпкемізбен шаңырақ көтеріп, екеуі Айгүл, Ләззат, Ғабит, Сәбит атты ұл-қыздарға үлгілі ата-ана болды. Ұрпағынан тараған балалардың қызығын көріп, Нариман, Арнат, Сая, Жания, Әмина, Аяна сынды немерелеріне ақылшы ата-әже атанды. Шөбере сүю бақытын сыйлаған Дарияшы мен Марленін де ерекше жақсы көрді.

1998 жылы зейнетке шығып, ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлді. Олардың жетістігіне марқайып, қуаныштарына ортақтасып, үнемі ақ батасымен тілеулес болатын. Алайда «генерал-бажам» 2022 жылдың мамыражай мамырында кенеттен қайтпас сапарға аттанды. Кішіге ізетті, үлкенге құрметті бола білген Жақан Тышқанбайұлының жарқын бейнесі мәңгі есімізде қалары сөзсіз.

Жаны жаннаттың төрінде шалқысын. Көрмеген қызықтары артындағы ұрпағына бұйырсын дегіміз келеді.

Біз сізді ұмытпаймыз, жайсаң мінезді жақсы аға!

Тұрсынбек қажы МҰХАНБЕТ,
Райымбек ауылының тұрғыны

ОҚЫРМАН ОЙЫ

ПЕРЗЕНТ ПАРЫЗЫ

«Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың», – деген дана халқымыз. Туған жер – алтын бесігіміз.

Адамзат баласына туған жер, атамекен, Отан деген ұғымдар өте жақын. Себебі, Отан – біздің туып-өскен, кіндік қанымыз тамған жер.

Жер жаннаты Жетісу – менің туған өлкем. Осынау қасиетті мекендегі өзен-көл, жазық дала мен ойпатты жерлердің барлығы маған ыстық.

Адам бойындағы асыл қасиеттер Отанға деген сүйіспеншіліктен басталады десем қателеспеймін. Жастардың отаншылдық рухы әрдайым биік болуға тиіс. Егер намысты, білімді болсақ, еліміз өркендеп, дамиды. Біз бабалар қалдырған жауһар сөздерді санамызға түйіп жүруіміз керек. «Отан үшін отқа түс күймейсің», – деп текке айтылмайды. Ел мен жерге құрмет көрсету, Отанды сүю – әр азаматтың парызы.

Бүгінгі таңда Жаңа Қазақстанды құру барысы қарқынды іске асырылуда. Бұл орайда елдің өркендеуіне жастардың қосар үлесі зор.

Мадияр БОЛЫСБЕК,
М. Ломоносов атындағы №5 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы
Талдықорған қаласы

Мен ғалымдар қаласын салуды армандаймын. Өйткені облыс жастары үшін ғалымдар қаласын салу аса қажет. Осыған орай өз жобамды ұсынбақпын.

МЕНІҢ АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЛА

Ғалымдар қаласын Ақсу ауданындағы Қызылағаш пен Сағабүйен ауылдарының орта тұсына салған жөн деп ойлаймын. Жас ғалымдар қаласында бой көтеретін болашақ ғимараттар қатарында медициналық университет, тереңдетілген физика-химия колледжі, кәсіптік заманауи колледж болса деймін. Яғни, үш оқу орны жатақханаларымен бірге салынады. Жас ғалымдар тұратын тұрғын үйлер де бой көтереді. Автожол, әуежай, теміржол бекеті де ойластырылып, қазақ халқының тарихынан сыр шертетін ескерткіштер орнатылады.

Қаланың шет-шетінде алма, өрік, алмұрт, шие бақтары болады. Ортасында мәдениет кешендері орын тебеді. Тау беткейіне этноауыл, қолөнер шеберханаларын, тау шаңғысы мен тау экстриміне арналған нысандар орналастырылғаны абзал.

Бос жатқан егіс алқаптарын игерсек, қарапайым шауруаларға да жұмыс табылады. Ол тек ғалымдардың жағдайын ойлайтын емес, ауыл жұртының да мәселесін шешетін қала болар еді.

Ғалымдар қаласын Біләл Сүлеевтің есімімен атауды ұсынар едім. Өйткені ол кісі Жетісу өлкесінде мектептер ашуға мұрындық болған, Семей педагогикалық институтының тұңғыш ректоры атанған.

Ғалымдар қаласы көптеген жастың ғылыммен айналысуына жол ашары сөзсіз. Сондықтан өлкеміздегі зиялы қауым өкілдері менің осы ойыма ой қосып, үн қатса деген өтінішім бар.

Әнуар РАХМЕТОЛЛАЕВ,
Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мамандығының 2-курс студенті

ЕСКЕ АЛУ

Райымбек ауданы Нарынқол ауылында тұрған қамқор әке, отбасының тірегі, жанашыр бауыр, ардақты ата, асыл досқа айналған **Сәкен Баймырзаұлы Алдабеков** тірі болғанда 60 жасқа толар еді. Маңдайына жазылған өлшеулі ғұмыры бұл мерейжастың төрінде отыруды бұйыртпады. Жаны жайсаң жақсы адамның мәңгі өмірі жұмақ бағында болуды нәсіп етсін.



Қасиетті шаңыраққа кие қонған,
Асқарлы азамат ең ие болған.
Бәрінен мейірімін аямаған,
Барлығы бәйтеректей саялаған.
Жан едің бөлеп жүрген
мейірімге,
Даланың кеңдігі бар пейілінде.
Орының ойсырап-ақ қалды
бүгін,
Жұмақтың бағы болсын
мәңгілігің!

САҒЫНА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: зайыбы – **Гүлбақыт, балалары, бауырлары**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі:
«Өлке тынысы» ЖШС

Директоры
Досан АТАНТЕЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, бас редактордың орынбасарлары — **40-20-65, 40-20-67,** жауапты хатшы — **40-10-30,** бөлімдер — **40-00-98, 40-11-19, 40-00-15,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **40-20-78,** фототілшілер — **40-20-79,** жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 747 688 17 41, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.**

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — **8-777-388-57-77,** Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**, Іле және Қарасай аудандары — **8-701-347-60-32.** Қонаев қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — **8-701-212-00-96,** Жамбыл ауданы — **8-701-254-97-55.** Талғар ауданы — **8-701-400-28-49.** Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — **8-775-323-08-50**

Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Алма ЕСЕНБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 593
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110,
Оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010.
Индексі – 65469.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

М.Е. Сұлтанғазиевты тағайындау туралы

Марат Елеусізұлы Сұлтанғазиев Алматы облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ. ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 11 маусым
№ 916

Марат Елеусізұлы СҰЛТАНҒАЗИЕВ



1976 жылы Алматы облысында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін, Қазақ мемлекеттік заң академиясын, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін бітірген. Еңбек жолын 1997 жылы Алматы қаласының Әуезов ауданы бойынша Салық бөлімінің маманы болып бастаған. 1998-2010 жылдары Алматы қаласының Салық комитетінде түрлі лауазымдарда жұмыс істеген. 2010-2012 жылдары Қаржы министрлігінің департамент директоры лауазымын атқарған. 2012-2014 жылдары Президент Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің сектор меңгерушісі болған. 2014-2017 жылдары Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментін басқарған. 2017-2018 жылдары Президент Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары лауазымын атқарды. 2018-2021 жылдары Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы, 2021-2022 жылдары Қаржы министрінің орынбасары болып жұмыс істеген. 2022 жылғы қаңтардан бастап Қаржы министрінің бірінші орынбасары.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Б.Ө. Исабаев туралы

Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев Жетісу облысының әкімі лауазымына тағайындалсын, оның Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттық өкілеттігі тоқтатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ. ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 11 маусым
№ 921

Бейбіт Өксікбайұлы ИСАБАЕВ



1962 жылы Алматы облысында туған. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын бітірген. Саяси ғылымдар кандидаты. Еңбек жолын 1985 жылы Қазақ телеарнасының редакторы болып бастап, Республикалық «Лениншіл жас» газетінің бөлім меңгерушісі, «Өркен» – «Горизонт» газеттерінің бас редакторы, Қазақ мемлекеттік теледидарының бас директоры болып жұмыс істеген. 1994-1995 жылдары Алматы қаласы әкімдігінің Ішкі саясат комитетін басқарған. 1995-1997 жылдары Алматы қаласы әкімінің орынбасары лауазымын атқарған. Мәдениет және ақпарат министрінің орынбасары болған. Әртүрлі жылдары Қазақстан Республикасының Пәкістан Ислам Республикасындағы, Түркия Республикасындағы, Қырғыз Республикасындағы және Әзербайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымдарын атқарған. 2019-2022 жылдары Президенттің Парламенттегі өкілдігінің басшысы болып жұмыс істеген. 2022 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Қанат Алдабергенұлы Бозымбаев Алматы облысының әкімі лауазымынан басқа жұмысқа ауысуына байланысты босатылды.

ПІКІР

Ел тілегі ескерілді

Қашанда жақсы істерден жаңымызға жылу іздейтін елдің перзентіміз ғой. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың екі облысты бөліп басқару тапсырмасын жерлестеріміз жақсылықтың басы деп бағалады.

Алматы және Жетісу облыстарының өзіндік өркендеу мүмкіндігі бар. Айталық, Алматы облысында өндіріс саласы, кәсіпкерлік, сауда-саттық басымдыққа ие болса, Жетісу облысының ауыл және мал шаруашылығы мен туризм саласы елдің өзегін талдырмайды. Сондықтан әр өңірдің ерекшелігіне қарай жоспар жасалып, игілікті жобалар атқарылса, ел еңсесі биіктеп, облыс экономикасының қоржыны толыса түсері даусыз.

Халқымызда: «Ел ағасыз, тон жағасыз болмайды» деген қанатты сөз бар. Осы тұрғыдан алғанда, Президент Жарлығымен қызметіне кіріскен Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев пен Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев осыған дейін мемлекеттік қызметтің түрлі баспалдағынан өтіп, үлкен жетістіктерге жеткенінен көпшілік хабардар.

Менің пайымымша, Жетісу облысында шалғай елді мекендерді жаңғырту мен қайта құрудың салмақты міндеті тұр. Ал Алматы облысы үшін Қонаев қаласының жаңа бейнесін қалыптастыруда тынымсыз еңбек ету керек. Сондықтан ел тізгінін ұстаған басшылар жұрт тілегін ескеріп, жарқын болашақ құру жолында жаңа қадамдар жасайтынына сенімдімін.

Туғанай РАХЫМБЕРЛИНА,
Алматы облыстық тіл басқармасы тілдерді дамыту бөлімінің басшысы

Есімі елге етене таныс

Мемлекет басшысының Жарлығымен, жергілікті мәслихат депутаттарының қолдауымен Бейбіт ИСАБАЕВ жаңадан құрылған Жетісу облысының әкімі болып тағайындалды. Жер жаннаты Жетісу жұртшылығы жаңа басшыны қуана қабылдап, құттықтасып жатыр.

Жуықта ғана сенат депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы қызметінде болған кезінде Алматы облысы тұрғындарымен бірнеше күн бойы кездесу өткізіп, бүгінгі қазақ қоғамында болып жатқан мәселелерді жан-жақты бірлесе талқылап, көпшілік сұрақтарына салиқалы жауап беріп, жаңа заман, нарықтық қоғамға бейім азамат екенін танытты. Міне, ол – бүгін жаңа облыстың тұңғыш әкімі. «Елдестірмек – елшіден» демекші, Бейбіт Исабаев ел мен халықтың мүддесін қорғап, 4 елде елші болды. Яғни, өмірлік тәжірибесі мол. Жаңа заманның басты талабы – білікті, білімді, қабілетті, ұлтының, елінің жанашыры, рухани жаңаша жаңғырған азаматы болуда. Есімі елге етене таныс азамат жаңа облысты өркендететініне сенімдіміз.

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ,
Алматы облысы бойынша «Қандастар қоғамы» бірлестігінің төрағасы, Қоғамдық кеңестің мүшесі

САЙЛАУ – 2022

Дерек көздеріне сүйенсек, сайлаушылар саны 40 мыңнан асатын Талғар қаласына әкімнің тұрақтауы қиын екендігін жасыруға болмас. Осыдан жарты жыл бұрын Талғар қаласының әкімі болып тағайындалған дәрігер Қ. Исабаев та ұзаққа бармады. Осыған байланысты өткен жексенбіде қала бойынша әкім сайлауы өтті.

Басым дауыс иеленді

Ұлбосын ИСАБЕК

Барлығы 24 сайлау учаскесі (оның екеуі жабық сайлау учаскесі) бойынша сайлаушылар өз таңдауын жасап, дауыс берді. Талғар аудандық сайлау комиссиясының мәліметіне жүгінсек, сайлаушылардың 23,77 пайызы сайлауға қатысып, өз таңдауын жасаған. Сонымен сайлау қорытындысы бойынша Талғар қаласының әкімі лауазымына Бақыт Қуатбекұлы Күрішбеков 47,71 пайыз дауыс жинап, басымдыққа ие болды.

– Талғар қаласы әкімінің лауазымына 4 үміткер қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша Бақыт Күрішбеков басым дауысқа ие болды. Үміткерлер ішінде Бақытжан Ақботаев 23,63 пайыз дауыс жинаса, Нұрбек Бақытқанұлына сайлаушылардың 17,84 пайызы, ал Сапарбек Назарбаевқа 7,70 пайызы дауыс берген. Барлығына қарсы – 218 сайлаушы болса, бүлінген және дұрыс қолданбаған бланктер саны 93 болды, – дейді аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Мұхит Дүйсебаев.

«Жас келсе – іске» демекші, жуырда ғана 32 жасқа толған Бақыт Күрішбеков Талғар қаласында дүниеге келген. Бұған дейін Алатау, Бесағаш ауылдық және Талғар қалалық әкімшілік аппаратында маман болып мемлекеттік қызметте тәжірибесін шыңдаса, 2020 жылдан бері «Amanat» партиясы Талғар аудандық филиалының атқарушы хатшысы қызметін абыройлы атқарды.

Талғар ауданы
Алматы облысы

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

«АЙСҰЛУДЫҢ» ҚАДАМЫ ҚУАНТАДЫ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Талдықорған қаласында Жетісу тігін фабрикасы ашылды. Жаңа нысан «Айсұлу» деп аталады. Кәсіпорын бірнеше бағытта қызмет көрсетіп, 300 адамды жұмыспен қамтымақ.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Аумағы 2400 шаршы метрді алып жатқан кәсіпорын арнайы киім-кешек тігуге маманданған. 4 цех бар, қондырғылар да жаңа. Жеңіл өнеркәсіпорынның атқарушы директоры Жарылқасын Болатұлының айтуынша, фабриканы құруға 500 миллион теңге жұмсалған. Бұл қаражатқа ғимарат құрылысы да кіреді.

Сондай-ақ, Қытайдан «Jack» фирмасының 200 тігін машинасы сатып алынған. Қазіргі кезде мамандар қабылдана бастапты. Әсіресе, әлеуметтік осал топ өкілдері мен жұмыссыз азаматтарға, көпбалалы аналар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға басымдық берілген.

– Тігін машинасының бәрі жаңа әрі жұмыс істеуге өте ыңғайлы. Біз жұмыс киімдерінен басқа да арнайы киімдер тігеміз. Сапаға ерекше мән беріледі. Төленетін еңбекақыға көңіліміз толады, – дейді технолог Айнагүл Бәділхан.

– Мен кәсіпорын құрылғаннан бері жұмыс істеп келемін. Жаңа ғимаратқа көшкенімізге қуанудамыз. Алаңсыз жұмыс істеуге барлық жағдай қарастырылған. Тегін тамақтандырып, дайын көлікпен тасымалдайды. Тігін ісінде тәжірибем мол. Білетінімізді жастарға үйретеміз. Басшылық еңбегімізді ерекше бағалайды. Бастысы, жалақы кешіктірілмейді, – дейді тігінші Надежда Сахарова.

Мұнда тәжірибелі тігіншілерден басқа, жас мамандар да жұмыс істейді. Олар алдымен оқудан өтіп, тәжірибе жинайды. Сөйтіп, кәсіби маман болады.

Фабрикада сондай-ақ, төсек-орын жабдықтары мен көрпе, жастық, басқа да ұлттық бұйымдар тігіледі. Цехта қазір 5 тігінші бар. Алдағы уақытта олардың қатарын көбейтіп, ұлттық ою-өрнек ойып, тігін қондырғылары орнатылмақ. Қолөнер шеберлерінің айтуынша, еліміздің барлық аймағынан тапсырыс алуға мүмкіндік бар. Бүгінге дейін қыз жасауын жасап, Талдықорған, Алматы қалаларынан түскен сұраныстарды орындаған. Дайын өнімдер шетелдерге де шығарылады.

Өндіріс 2 жыл бұрын ашылған. Шағын цех жалға алынып, пандемияға байланысты медициналық жеке қорғаныс заттары тігілген. Олар тіпті Ресейге де экспортталыпты. 2 жылда жан-жақты дайындық жүргізіліп, бүгінде ауқымды жұмыс орнына айналған. Болашақ жоба-жоспарлары да көп.

Талдықорған қаласы

ЖОЛ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ

Тоғыз жолдың торабында орналасқан аймағымызда жол мәселесі әлі де өзекті. Жергілікті жұрт қаржы бөлінсе де сағызша созылып бітпей жатқан немесе сапасыз салынған күрежолдың азабын тартып келеді.



САПАНЫ ҚАДАҒАЛАУ ҚАЖЕТ

Қажет АНДАС

Тапсырыс беруші мен мердігер ұйым арасында жасалған келісімшарттар бұзылып, соттасып жатқандар да аз емес. Мұның бәрі айналып келгенде өңір экономикасына кері әсер етіп, тұрғындардың қалыпты тірлігіне кесірін тигізеді. Статистикаға сүйенсек, облыста 2822 шақырым республикалық маңызға ие жол бар. Оның ішінде 524 шақырымы ақылы, 1401 шақырымы күтіп ұстау санатына жатады. Бүгінде сол жолдың 812 шақырымы «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңартылуда. Атап айтар болсақ, екі облыс аумағындағы «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен», «Күрті – Бурылбайтал», «Ұзынағаш – Отар», «Қапшағай – Күрті», «Шамалған стансысының айналма жолы», «Үшарал – Достық» жолдары салынып жатыр. Оның ішіндегі екі жоба республикалық, қалғаны халықаралық қаржы институттары есебінен қаржыландырылған.

Аймақта құрылыс жұмысы кешеуілдеп жатқан нысандар да бар. Айталық, ҚР ИИДМ автомобиль жолдары комитеті тапсырыс берген «Күрті – Бурылбайтал» бағытындағы 2295-2380 шақырым (85 шақырым) аралығындағы автожолын қайта жаңарту барысында жауапкершілігін толық өтемеген «СПИК Аккорд» ААҚ мердігерлік ұйымымен 2020 жылы келісімшарт бұзылып, бүгінде тендер нәтижесі бойынша жаңа мердігер ретінде «F&A ROAD CONSTRUCTION» БК (Фермак және Ақжол БК) анықталған. Тапсырыс беруші ұйым мен мердігер өткен жылдың 25 қазанында 29,2 млрд. теңге мөлшеріндегі келісімшартқа қол қойды.

Демек, алдағы бірнеше жылда жол құрылысы қыза түседі. Сондықтан жұмыс режимін, сапасын күн сайын қатаң қадағалап, бақылап тұрған дұрыс. Оны құзырлы мекеменің міндеті деп қарамай, әр өңірдегі азаматтар да атсалысқаны жөн.

ВОЛЕЙБОЛ

Тәлімгерге тағзым

«Азамат ез емес, ер мінезді болуы керек. Жасымай, жалындап жүруі керек». Бұл мектеп оқушыларына дене тәрбиесі мен алғашқы әскери дайындық пәндерінен сабақ берген Болат Усмановтың басты қағидасы болатын.

Әр оқушы мұғалімнің талабы мен жауапкершілігін сезініп, соған сай болуға ұмтылды. Болат Құрманбайұлының өнегесін мыңдаған шәкірт бойына сіңіріп өсті. Жас буынның жігерін жанып, ұлт ұрпағының ұсақталмай, жігерлі, айбынды, өз елінің патриоты болып өсуге ықпал етіп жүрген ұстаздың жүрегі 50-ді орталаған тұста соғуын тоқтатты. Одан бері де екі жылға жуықтапты.

Жуырда өзінің бір топ құрдастары мен Талғар қаласындағы С. Сейфуллин атындағы №2 орта мектеп ұжымының ұйытқы болуымен мерейлі ұстаз Болат Усмановты еске алу мақсатында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Оған ауданнан 16 команда қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды С. Сейфуллин атындағы №2 орта мектеп, 2-орынды Тұздыбастау ауылындағы №31 орта мектептің ерлер командасы жеңіп алса, 3, 4-орындарды Қызылту мен Кеңдала ауылдарының №24 және №36 орта мектеп командалары өзара бөлісті.

Ұ. БӨРІБАЙҚЫЗЫ
Талғар ауданы
Алматы облысы

ӘРЛЕУ

ЕРЕКШЕ ДӘМХАНА

«Османова» – Талдықорған қаласындағы жұмсақ балмұздақ шығаратын кәсіпорын. Сондай-ақ, онда сүт коктейльдері мен сусындар, попкорн, тағы басқалары сатылады. 2015 жылы кәсіпкер «Балшекер» сауда белгісімен «Ретромобиль» үлгісіндегі алғашқы сауда орнын ашты.

Кәсіпкер дәмхана сатып алу үшін 2019 жылы қаржы алды. Бүгінде он екі үстелге арналған дәмханасы бар. Онда дайын өнім сақталатын тоңазытқыш орнатылған. Дәмхана тағамның шығыстық бағытын дамытқан. Санитарлық тәртіп пен талапты сақтауға мүмкіндік беретін заманауи желдеткіш жүйесімен жабдықталған.

– 2015–2021 жылдар аралығында Талдықорғандағы сауда нүктелерінің саны артты. Олардың бәрі көлік көп жүретін жерлерде орын тепкен. Мәселен, Арбатта, саябақта, жағажайда, «Дәулет» сауда орталығының жанында және Балпық би ауылында, – дейді компания жетекшісі Айжан Базарбайқызы.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫ

Қарағай көшеті көбеюде

Кеген орман шаруашылығы мекемесіне қарасты 84582 гектар жер Жалаңаш, Ұзынбұлақ, Темірлік, Қарқара, Екіаша орманшылықтарының бақылауында. Жалпы, 82 адам жұмыс істейді. Соның ішіндегі Дәурен Досайбеков басқаратын Жалаңаш орманшылығының жетістігі көп.


Қанат БІРЖАНСАЛ

Мекеме тау беткейлерінде орманды алқаптарды молайтуды жүйелі жүргізіп келеді. Бүгінде Жалаңаш тұқымбағында 54 гектар базалық, Темірлік орманшылығында 3,0 гектар уақытша тәлімбақ бар. Онда негізінен Шренк тұқымы себілген. Жалпы, 2,53 гектар жерде 2502,0 дана жас көшет өсірілуде. Осынау қиындығы мол істе, күннің астында жас көшеттерді арамшөптерден тазарту, уақытылы суару жұмысында 15 адам еңбек етеді.

– Биыл қарамағымыздағы таулы аймақтарға 30 гектар жерге Шренк шыршасының орман екпелерінен 188400 түп көшет, 30 мың түп көгалдандыру плантациясы, 20 мың түп қосымша отырғызу жұмыстары жүргізілді. Жалаңаш және Темірлік бақтарында өзінің тұқымынан өсірілген Шренк шыршасы, көгілдір шырша, қарағай, арша, сиверс алмасы жайқала өсіп тұр. Биыл Талдықорған, Алакөл, Үйгентас, Бақанас, Шелек секілді орман шаруашылығы мекемелеріне жалпы көлемі 177 мың түп шырша көшеті орман қорын молайтуға жіберілді, – дейді Кеген орман шаруашылығы коммуналдық-мемлекеттік мекемесінің директоры Айболат Солтанғазиев.

Орманшылардың алдағы мақсаты да айқын. Олар 2025 жылға дейін орман қорын 172 гектарға көбейтпек. Мамандар бұл міндетті нәтижелі орындайтынына сенімді.

Кеген ауданы
Алматы облысы



БӘРЕКЕЛДІ!



ҚАРЕКЕТ БОЛМАЙ, БЕРЕКЕТ ЖОҚ

Талдықорған қаласының тұрғыны, «Жылыжай» ЖК төрағасы Бөрібай Қызырхан – адал еңбегімен ел құрметіне бөленген жан. Жуырда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Алматы облыстық филиалының директоры Серікхан Ахметов кәсіпкердің кеудесіне Президент қол қойған «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалін тақты.

Қажет АНДАС

Бөрібай Қызырханұлының елге деген сүйіспеншілігі зор. Оның атамекенге оралу барысында бастан өткерген қиындығы, көрген-білгені бір кітапқа жүк болады. Адал еңбегінің арқасында елге сыйлы азаматқа айналған Бөрібайдың 5 баласын ұлағатты ұрпақ етіп өсіріп отырған өнегесі өзгеше.

– Несін жасырайын, екі рет шекарадан заңсыз өткенім үшін айыппұл арқалап, Қытайдағы құжаттандырудың қиындығынан жиып-терген қаржым таусылды. 2004 жылы Алматыға аяғым тигенде қалтамда 10 мың теңге ғана қаражат қалды. Десе де, араға 10 жыл салып арманыма жеткеніме қуандым. Қол ұшын беріп, көмектескен азаматтар көп болды. Әсіресе, қоғам қайраткері Алтыншаш Жағанова басқарған «Руханият» партиясы қолдау білдірді. Кейін Талдықорған қаласына қоныстанып, аталған партияның Алматы облыстық филиалын 10 жыл басқардым. Сонымен қатар, қолымнан келетін тірліктің бәрін атқардым. Аспаз да болдық, мал да бақтық. Кейінгі жылдары жылыжай шаруашылығымен айналысудамын. Қазір Талдықорған қаласында 2 мың шаршы метрлік жылыжайым бар. Қысы-жазы қызанақ, қияр өсіремін. Мұнда 8 адамды жұмыспен қамтып, күн сайын 3-7 мың аралығында жалақы төлеумен қатар, зейнетақы жинағына, міндетті медициналық сақтандыру қорына қаржы аударамын, – дейді ол.

Бөрібайдың жылыжайындағы көкөністер химиялық қоспасыз өсетіндіктен, тұтынушы көп. Тапсырыспен күн сайын көкөністерді үйді-үйге, дәмхана, мейрамхана, тамақтану орнына жеткізеді. Сонымен қатар, Алматы-Өскемен автожолы бойынан шағын асхана ашып, киіз үй тігіп, шұбат-қымыз, ұлттық тағамдар сатады. Арасында түрлі қайырымдылық шарасымен де айналысады. Қазір көкөніс өсіру тәжірибесін жастарға да үйретуде.

Талдықорған қаласы

Абайлаңыз, газ!

Құрметті аудан тұрғындары! Панфилов ауданы төтенше жағдайлар бөлімі газ құрылғыларымен жұмыс істеуде техникалық қауіпсіздікті сақтау қажеттігін ескертеді:

• Көпқабатты тұрғын үйлерде газ баллондарын пайдаланбау;

• Істен шыққан газ құрылғыларын қолданбау;

• Кәмелеттік жасқа толған азаматтардың жанып тұрған газды қараусыз қалдырмау;

• Газдың иісін сезсеңіз 104 нөміріне шұғыл хабарласу; ғимаратты желдету;

• Электр құрылғыларын токтан ажырату;

• Өрт шыққан жағдайда шұғыл түрде «101» нөміріне немесе «5-24-69» нөміріне хабарласу қажет.

С. ГАППАРОВ,
Панфилов ауданы ТЖБ аға лейтенанты

Темекі – өртке себепкер



Тұрғын үй қорында өрттің шығуына және адамдардың қайтыс болуына ықпал ететін негізгі шарттар – темекі шегу мен маскүнемдік.

Статистика мәліметтеріне сәйкес, өртте қаза тапқандардың 70%-ы алкогольді ішімдікті шамадан тыс пайдаланғандар және төсекте жиі темекі тартқандар.

Төсекке түсетін темекі шоғы 15 минуттан кейін өртке айналады. Бұл жағдайда адам 3 минуттан кейін улы газдың өлім дозасын алады.

Сонымен қатар, бұл өрттердің көбі түнде болады. Көбінесе көршілер өрт ошағын анықтағанша үй толықтай жанып кетеді. Өртке қарсы қызметке хабарлама өте кеш түседі, ал үйдегі адам ол уақытта көз жұмады. Жиі ішімдік ішіп жүрген адамдар өз өміріне ғана емес, басқа адамдарға – туыстары мен көршілеріне де қауіп төндіреді.

Құрметті азаматтар! Тұрмыста кездесетін төтенше жағдайлардың дені адам факторына байланысты. Темекі тарту да сол қатарда.

Тұрғын үй аумақтарында темекі шегудің өрт қауіпсіздігі ережелері реттелмеген, алайда құтқарушы өрт сөндірушілердің тәжірибесіне сүйене отырып, біз негізгі талаптарды тұжырымдай аламыз:

• темекі күлін арнайы ыдысқа жинау, арнайы ыдыс жанбайтын заттан жасалуы керек.

• Төсекте немесе диванда жатып темекі шегуге тыйым салынады. Шаршаған немесе ішімдікті шамадан тыс пайдаланған адам әрдайым өз іс-әрекетіне бақылау жасай алмайды.

• Шылымды көшеде немесе арнайы тағайындалған бөлмеде шегу керек. Темекі шоғы еденге түсіп кеткен жағдайда, еденнің жанбайтын материалдан жасалған-жасалмағанына көз жеткізу қажет.

С. ШАБЕКОВ,
Панфилов ауданының ТЖБ бас маманы, капитан

ХАБАРЛАМА

АБАЙЛАҢЫЗ: ГАЗҚҰБЫРЫ!

Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарының және Шымкент қаласының аумағы арқылы компрессор стансыларды, сондай-ақ, диаметрі 1000-нан 1200 мм-ге дейінгі жоғары қысымды «А», «В», «С» желілерін қамтитын «Қазақстан-Қытай» магистральды газқұбырының Бірінші учаскесі (бұдан әрі – Газқұбыры) өтеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.06.2008 ж. №651 Қаулысына сәйкес Газқұбыры Қазақстан Республикасының стратегиялық объектісі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 118, 121-баптарының, Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңының талаптарына сәйкес **Газқұбырын іске пайдаланудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және Газқұбыры мен оның объектілерінің бүліну мүмкіндігін болғызбау үшін олардың айналасында мынадай КҮЗЕТ АЙМАҚТАРЫ белгіленеді:** Газқұбыры трассасының бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерде – құбыр осінің әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; компрессор станцияларының бойында, ГӨС – барлық жағынан 100 метр.

Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңының 14-бабының 5-тармағына сәйкес Газқұбырының күзет аймағында **тыйым салынады:**

1) өткелдерді, қара жолдарды және Газқұбыры трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін «Азиялық Газқұбыры» ЖШС-мен келіспей, орнатуға;

2) бағбандыққа және орман өсіруге, **сондай-ақ, жер жырту тереңдігі 35 см аспайтын далалық ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа,** «Азиялық Газқұбыры» ЖШС келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;

3) «Азиялық Газқұбыры» ЖШС жайластырған, Газқұбырына қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ, Газқұбырында өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына кедергі келтіруге;

4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;

7) «Азиялық Газқұбыры» ЖШС келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

8) ұңғымалар, тікказбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге.

Сондай-ақ, **ҚР ЕК 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар», Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 22.01.2015 ж. №33 Бұйрығымен бекітілген Магистральды газқұбырларын іске пайдалану Ережелеріне, ЕАЭО ТР 049/2020 сәйкес жерасты газқұбырларының осінен, компрессор стансылардан объектілерге, ғимараттарға, құрылыстарға дейін ең төмен қашықтық аймақтары (қауіпсіздік аймақтары) көзделеді** (жерасты газқұбырларының осінен елді мекендерге, жекелеген өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы кәсіпорындарына дейін – 300 метрден кем емес; компрессорлық стансылардан елді мекендерге, жекелеген өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы кәсіпорындарына дейін – 700 метрден кем емес).

Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңына сәйкес құрылыс нормалары мен ережелерінде белгіленген ең төмен қашықтық шегінде магистральды құбырға жатпайтын кез келген объектілерді салуға тыйым салынады.

Қандай да бір жекелеген өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы кәсіпорындарын, ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруды жоспарлау кезінде Газқұбыры объектілерінен күзет аймақтары мен ең төмен қауіпсіз қашықтық аймақтары бойынша жоғарыда көрсетілген талаптарды мүлтіксіз және қатаң сақтау қажет.

Жоғарыда көрсетілген нормалар мемлекеттік нормативтер жүйесіне кіреді және барлық шаруашылық қызмет субъектілерінің сақталуы үшін міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы №33 Бұйрығымен бекітілген магистральды газқұбырларын іске пайдалану Ережелеріне сәйкес күзет аймақтарында жұмыстардың орындалуын бақылауды және ең төмен қашықтық аймақтарда (қауіпсіздік аймақтарында) жұмыстарды жүргізуге келісуді белгіленген талаптарға сәйкес газ тасымалдау ұйымы («Азиялық Газқұбыры» ЖШС) жүзеге асырады.

Газқұбыры арқылы арнайы орнатылған өткелдер жоқ жерлерден өтуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

Осыған байланысты, Газқұбыры қауіптілігі жоғары объект болып табылатындықтан, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің, Қазақстан Республикасының «Магистральды құбыр туралы» Заңының және Газқұбыры объектілерінен күзет аймақтары мен ең төмен қауіпсіз қашықтық аймақтары (қауіпсіздік аймақтары) бойынша Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтамау материалдық залалдарға және адам өліміне әкелетін төтенше жағдайларға әкеп соғуы мүмкін. Қазақстан Республикасы заңнамасының Газқұбыры объектілерінен күзет аймақтары мен ең төмен қауіпсіз қашықтық аймақтары бойынша талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының күзет аймақтары мен Газқұбыры объектілерінен ең төмен қауіпсіз қашықтық аймақтары бойынша заңнамасының талаптары тек құбыр көлігі кәсіпорындарының ғана емес, жергілікті билік органдарының, сондай-ақ, Газқұбыры трассасы өтетін / Газқұбыры объектілері орналасқан ауданда жұмыстарды немесе қандай да бір іс-қимылдарды орындайтын ұйымдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Газқұбырының күзет аймағында жұмыс жүргізуге рұқсат алу үшін және ең төмен қашықтық аймақтарда (қауіпсіздік аймақтарында) жұмыс жүргізуді келісу үшін Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазтай Ұлтарақов атындағы ауыл, «Алматы» газ тасымалдау басқармасы мекенжайына жазбаша хабарласу қажет. Ұялы телефон: +7 707 471 25 51; +7 777 999 98 38.

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС бас кеңсесі Алматы қаласында, Абай даңғылы, 109В, «Globus» БО-да орналасқан. Диспетчер телефоны: +7 (727) 393 02 65; +7 (727) 393 02 67.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі:
«Өлке тынысы» ЖШС

Директоры
Досан АТАНТЕЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 688 17 41, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32. Қонаев қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55. Талғар ауданы — 8-701-400-28-49. Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Мәди АЛЖАНБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 599
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110,
Оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010.
Индексі – 65469.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

23 MAÝSYM
2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

№70 (19065)
АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ
Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

АҚОРДА



ЕЛ СЕНІМІН АҚТАУ – ПАРЫЗ

Мемлекет басшысы Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыстың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен даму перспективалары жөнінде баяндалды.

Марат Сұлтанғазиевтің айтуынша, қазіргі кезеңде облыстың экономикасында оң өзгерістер байқалады. Атап айтқанда, ауылшаруашылығы саласының даму көрсеткіші – 102,8, өндеу өнеркәсібінің өсімі – 105,2, сауда – 103, құрылыс –114,3 пайызға артқан. Облыс әкімдігі жыл соңына дейін осы қарқынды сақтап қалуға ниетті.

Президент азаматтардың сенімін ақтау, сондай-ақ облыс тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту үшін нақты шаралар қабылдау маңызды екенін айтты.

Мемлекет басшысына әкімшілік-аумақтық реформалардан кейінгі жаңа мүмкіндіктерді ескере отырып, Алматы облысы мен Қонаев қаласының әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына өзгерістер енгізілетіні жөнінде ақпарат берілді. Әкімнің айтуынша, құрылыс, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, өндеу өнеркәсібі, сауда және туризм сияқты экономиканың инвестициялық тартымды секторларына ерекше көңіл бөлінеді.

Марат Сұлтанғазиев Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыс орталығын Қонаев қаласына көшіру жұмыстары жөнінде баяндады. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері үшін қажетті жағдай жасауға бағытталған кешенді шаралар жөнінде есеп берілді.

Президент жаңа әкімге облыс тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, үш ауысымдық мектептерге, ирригациялық жүйелерді жаңартуға, медицина және қоғамдық көлік мәселелерін шешуге қатысты бірқатар міндет жүктеді.

Akorda.kz

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

Жұмыс қайта жанданды

Қаратал аудандық емханасын жөндеу жұмыстары біраз жылдан бері дауға айналып келген.

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Осыдан 3-4 жыл бұрын емхананы күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынған болатын. Жауапсыз құрылыс компаниясы жұмысты орта жолда қалдырып, халықты әбігерге салып кеткен. Өткен жылы жобалау-сметалық құжаты қайта дайындалып, аудандық емхананың «Б» блогын қайта жөндеу қолға алынды. Күрделі жөндеу жұмысына 804,4 млн. теңге бөлініп, «АСК Ауыл-құрылыс» ЖШС жұмысқа кірісіп кетті. Бүгінгі таңда жөндеу жұмысына 104 адам, 2 техника тартылған. Қазір жұмыстың 70 пайыздан астамы атқарылды. Аталған соманың 594,4 млн. теңгесі игерілді. «АСК Ауыл-құрылыс» ЖШС нысанды қыркүйек айында толықтай пайдалануға береміз деп отыр.

Қаратал ауданы
Жетісу облысы

Суағарлар жөнделуде

Сарқан қаласында Мұхтар Әуезов, Жамбыл Жабаев, Абай Құнанбаев, Қабанбай батыр көшелеріндегі арық жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Өткен ғасырдың 60-70 жылдары жасалған суағарлар тозып, бүгінгі таңда жарамсыз күйге жеткен.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Арықтың кей жері құм-қайырға толып, қала тұрғындарының бақша дақылдарына су жетіспей, қиындық туғызған еді. Енді қала халқы судан таршылық көрмей, ерте көктемнен күз айына дейін арық суын керек мөлшерде пайдаланбақ.

– Қаланың ішкі арық мәселелері тұрғындармен жүздесу кезінде жиі көтеріліп келді. Өткен жылы бастау алған жоба биыл жалғасын тауып, аяқталуға жақын. Арық жүйелері тек бақша дақылдарын суару үшін ғана емес, жаңбырлы күндері және қар еріген кезде де өз септігін тигізері анық. Алдағы уақытта тағы да бірнеше көшенің арық жүйелерін қалпына келтіру жоспарда бар, – деді Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Жомарт Мыңбаев.

Ұзындығы 10 шақырым болатын арық арналарына лотоктар төселіп жатыр. Аталған жұмыс аумағында 5 ауыр техника мен 30 адам жұмысқа тартылған. Сонымен қатар, бұл жобада арық жүйелерін қалпына келтіруден бөлек, жоғарыда аталған 4 көшеге жаяу жүргіншілерге арналған тротуар салынбақ.

Сарқан ауданы
Жетісу облысы

БРИФИНГ

Талдықорған – көркейіп, дамып келе жатқан жарқын қала. Облыс орталығы әрі Жетісудың кіндік қаласы болғандықтан өзіне тән мәселелер де баршылық. Журналистер үйінде «Талдықорған: шаһар басшысы 100 күнде не істеп үлгерді?» деген тақырыпта өткен брифингте қала әкімі Әсет Масабаев көпшілікті мазалап жүрген сұрақтарға жауап берді.

ЖАЙЛЫ ӨМІР ҚАЛЫПТАСТЫРУ шаралары жалғаса береді

Алма ЕСЕНБАЙ



Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ

Бірінші кезекте бұған дейін даулы мәселеге айналған баспана кезегі мен үй құжаттарына қатысты мәселенің түйінін тарқатты. Қазіргі таңда Талдықорғанда 16 179 азамат тұрғын үй кезегінде тұр. Оның 6187-і – бюджеттік ұйымдардың қызметкері, 9992-і – халықтың әлеуметтік осал табына жататын азаматтар. Сонымен қатар апатты үйде тұрып жатқан тұрғындардың да мәселесі өзекті болып табылады. Талдықорған қаласының аумағында 14 апатты үй бар. Онда 300-ден астам тұрғын тұрып жатыр. Ескі үйлер Кивилев, Шевченко, Абылай хан көшелері мен «Жетісу» шағынауданында орналасқан.

«Бұл тұрғындарға үй «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында дайындалған «Талдықорған қаласының 2022-2025 жылдарға арналған тұрғын үй қорын реновациялау бағдарламасы» шеңберінде беріледі. Бұл бағдарлама арқылы апатты тұрғын үйлерді сүріп, азаматтарды жаңа қонысқа көшіру қарастырылған. Бірақ бұл үйлер мұрагерлік жолмен қалдыра алатын жалдамалы үй болып табылады», – деді қала басшысы.

Аялдамалар мәселесі де – жиі көтерілетін тақырыптардың бірі. Сәуір айынан бастап, Шығыс шағынауданында, Шахворостов, Гагарин, Алдабергенов, Біржан сал көшелерінде, Қадырғали Жалайыри даңғылында 10 аялдама кешенін салу жұмысы басталған. Құрылыс жұмысы шілде айында аяқталады деп жоспарлануда.

(Соңы 2-бетте)

ӨЗЕКТІ

ҚАНТ ҮШІН ЖАНТАЛАС қашан бітеді?

Елдегі 19 миллион халықтың сұранысын қамтамасыз ету үшін 500 мың тоннадан астам қант керек. Ал Жетісу облысындағы Ақсу мен Көксу, Жамбыл облысындағы Мерке қант зауыттары жылына 70 мың тонна көлемінде қант өндейді. Демек, отандық қант зауыттары өндірген шекер қазақстандықтардың қантқа деген қажеттілігінің 13%-ын ғана қамтамасыз ете алады.



Aikyn.kz

Қажет АНДАС

Ғалымдардың пайымынша, қантқа сұраныстың 25%-ы орындалғанда сол елдің азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады екен. Біз осы деңгейге жету үшін кем дегенде жылына 1 миллион тонна шикізат жинауымыз керек. Ол үшін 25 мың гектар жерге қант қызылшасы егіліп, гектарынан орташа есеппен 450 центнерден өнім жинауымыз керек. Алайда, өткен жылы жетісулық дикандар 8925 гектар жерден қант қызылшасын қамбаласа, биыл 6364 гектар алқапқа қант қызылшасын сепкен. Ауа райы, су, тыңайтқыш, тұқым, тағы да басқа күтіп-баптаумен тікелей қатысты болатын дақылдан күзде қанша өнім жинайтынымыз қазірше белгісіз. Сондықтан қантты көрші елдерден импорттауға мәжбүрміз.

Экономикалық заңдылық бойынша, егер азық-түлік импорты ішкі тұтыну көлемінің 20 пайызынан асса, бұл елдің нарығы импорттаушы елдер белгілеген бағаға тәуелді болады. Еліміздегі қант бағасының күрт қымбаттап кетуіне осы жағдай себеп болуда.

Бүгінде еліміздің кей өңірінде бір келі қанттың бағасы 1000 теңгеге дейін шарықтап кеткені айтылуда. Өзіміз жақсы білетін Талдықорған қаласындағы дүкендерде қанттың келісі 650-700 теңге көлемінде сатылуда. Мұндай баға тұынушылардың қантқа деген сұранысын қамтамасыз ету және бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында қолға алынған «Жетісу» ӘКК ӨДИ» АҚ азық-түлік тұрақтандыру қоры тарапынан атқарылып жатқан шаралар есебінен ғана сақталып тұр.

– Облыстық азық-түлік тұрақтандыру қорында бүгінде 1500 тоннадан астам құм қант қоры бар. Оның әр келісі 280-317 теңгеден аспайтын бағамен аптаның сейсенбі, сәрсенбі, сенбі күндері Талдықорған қаласындағы «Жерұйық» коммуналдық базарында, «Санжар», «Шойбек», «SM market», «Нұралы», «Көксу» шағын маркеті, «Тоймарт» сауда орталығы және азық-түлік тұрақтандыру қорымен келісімге отырған аудан орталықтарындағы үй жанынан ашылған дүкендерде сатылуда, – дейді облыстық азық-түлік тұрақтандыру қорының өкілдері.

(Соңы 2-бетте)

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Құрбан айт – жақсылық пен ізгілік мерекесі

Жетісу облысының әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Құрбан айт мерекесіне орай облыс жұртшылығына құттықтау жолдады.

Өңір басшысы Құрбан айт – ізгілік пен мейірімділіктің, жақсылық пен қайырымдылықтың мерекесі екенін, ең бастысы, жүректерге иман ұялатып, игі істер жасауға үндейтінін, көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созып, айналасына мейірім төгетінін атап өтті.

– Жаратқан Иеміз қасиетті мерекедегі әрбір ізгі амал-әрекеттеріңізге сауаптан жазсын! Осы мерекедегі ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарыңыз қабыл болсын! Шаңырақтарыңыз құт-береке мен ырысқа толсын! – дей келе, Бейбіт Өксікбайұлы барша жетісулықтардың отбасына амандық, ізгі амалдарына адалдық тіледі.



Қасиетті мейрамның мәні ғибратқа толы

Алматы облысының әкімі Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ өңір тұрғындарын Құрбан айт мерекесімен құттықтады.

Бұл бейбітшілік пен бірлік, мейірімділік пен бауырмалдық сынды мәңгілік адами құндылықтарды паш ететін мереке екенін айта келе, өңір басшысы Құрбан айттың халқымыздың рухани өміріндегі, қоғамның ауызбіршілігін бекемдеудегі маңызын ерекше атап өтті.

– Ғасырлар қойнауынан тамыр тартқан қасиетті мейрамның мәні ғибратқа толы. Жыл өткен сайын еліміз рухани құндылықтардың қадір-қасиетін терең ұғына бастады. Бір-біріне қамқор болу, жылылық таныту, көмек ету – мұның бәрі күллі адамзатқа тән гуманистік ойлармен үндесіп жатыр, – деді Марат Сұлтанғазиев.

Халықтың салт-дәстүрі мен діни сенімдеріне өзара сыйластықпен қарау арқылы өңірдің одан әрі гүлдене беретініне тоқталған облыс басшысы, шалынған құрбандық, жасалған дұға-тілектердің қабыл болуына, еліміздің тыныштығы, бақ-ырысы арта беруіне тілек білдірді.

Жетістік те, кемшілік те жетерлік

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірақ жұмысты бір жүйеге келтіру үшін 12 мердігермен есеп айырысуға, іс насырға шапса сотқа шақыруға тура келеді. Облыс әкімі бұл істің тез арада шешілеріне сенімсіздік танытты.

Батыржан Оңғаров атындағы стадионды аралау барысында бірнеше жыл бұрын салынған жүгіру жолағынан адам ізін таппадық. Демек, ауданда тұрғындарды бұқаралық спортпен айналысуға бағыттайтын жұмыс өз деңгейінде қолға алынбаған деген сөз. Аудан атқамінерлерінің Балпық би кентіндегі қайта қалпына келтіру жұмысына 573 млн. теңге қаржы бөлінген екіқабатты көне үйді 60 орынды балабақшаға айналдырмақ болған жобасы да ұятқа қалдырды. Тозығы жетіп, алқамсалқамы шыққан ғимараттың айналасында бала ойнайтын да жер жоқ.

Ауданда бүгінде 600-ден астам бала балабақша кезегінде тұр екен. 60 орынды нысан оның қай жыртығын бүтіндейді?! Қайта қалпына келтіруге бөлінген қаржымен 100-120 орынды жаңа балабақша ғимаратын тұрғызуға болады. Аймақ басшысы бұл нысанды балабақшадан гөрі, басқа мақсаттағы нысанға айналдыру керегін тапсырды. Дегенмен, жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, қаржысы бөлініп қойған нысанды басқа мақсатқа айналдыру да оңай жұмыс емес. Осы жағын ескерткен аймақ басшысы бұдан былай қай өңірде болсын, қандайда бір нысанды салу үшін, тіпті, қайта қалпына келтіру үшін жергілікті жердің жағдайымен санаса отырып, жұмысқа кірісуді қатаң тапсырды.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

ТҮНГІ СҮТ

Бәрін жамандаудан аулақпыз, ауданда жақсы жұмысымен үлгі болатындар да бар. «Каримов» тауарлы-сүт фермасының жұмысымен танысу барысында облыс әкімін шаруашылықтың «Түнгі сүтті» табиғи жолмен алатыны қызықтырды. Кәсіпкер Рахым Каримовтың айтуынша, ол үшін сүт бағытындағы мүйізді ірі қараға жайлы жағдай жасап, арнайы жұмсақ жарықты қоса отырып, түнгі сағат 2 мен 4 аралығында сауу керек. Осындай жолмен сауылған сүт ұйқысыздық дертіне шалдыққандар үшін ем екен. Басында 400 орынға арналып салынған ферма бүгінде 2 блогын іске қосып, сүтті бағыттағы 1200 сиырды бағып отыр. Өңір басшысы олардың тәжірибесін осы бағытта жұмыс істейтін шаруашылықтарға тарату керегін тапсырды.

Ербол Тоқтағұлов басқаратын «Уыз Май Industry» ЖШС майбұршақты (соя) өңдеумен біраз жылдан бері айналысып келе жатыр. Серіктестіктің бүгінгі қарқыны жақсы. Олар жыл сайын өнімнің сапасын арттырумен қатар, заманауи басқару техникасын жетілдіре отырып жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту ісіне де көмектесіп келеді. Десе де зауытқа мемлекет тарапынан да қажетті қолдау шаралары көрсетілуде, соның ішінде демеуқаржы түріндегі қаржыландыру қарастырылған. Өңір басшысы мұндай қолдаудың алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

Қант қызылшасын өсірумен айналысатын «Алим-Таяр» шаруа қожалығының егіс алқабында жұмыс қызып тұр. Әңгіме арасында қант қызылшасын өсіретін шаруа қожалықтары мен оны өңдейтін «Көксу қант зауыты» ЖШС арасында біраз келіспеушіліктің бар екені белгілі болды. Ал Балпық би кентіндегі «Строитель» ЖШС құрылыстың тағанына төсейтін, керегесін қалайтын сан түрлі кірпіш шығарумен айналысады. Зауыт басшылығының айтуынша, олардың өнімін көбіне басқа өңірдегілер сатып алады екен. Егер облыстағы құрылыс компанияларынан сұраныс көбейсе шығын азайып, кіріс арта түспек. Облыс басшысы жұмыскерлердің бұл өтінішін алдағы уақытта ескеретінін жеткізді.

ЕМЕН-ЖАРҚЫН КЕЗДЕСУ

Елдімекендерді аралап, ел жағдайымен танысқан облыс әкімі Бейбіт Исабаев аудандық Мәдениет үйінде аудан тұрғындарымен кездесті. Тұрғындар тарапынан Мұсабек ауылы мен Көксу стансысында Мәдениет үйінің жоқтығы, 1600 тұрғыны бар Қабылиса жырау ауылы модульді ауруханаға зәру екені, Еңбекші ауылы тұрғындары жаңа мектеп салынса деп армандайтыны айтылды.

Көптің уәжін ыждағатпен тыңдаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев:

– Бүгінгі көтерілген мәселенің көбі – аудан, ауыл деңгейінде шешілетін дүниелер. Бірақ тұрғындардың ұсыныс-тілектері қаралып, оның жауабын беретін боламыз. Халқымызда: «Көрпеңе қарай көсіл» деген нақыл бар. Сіздердің өтініш-тілектеріңізді бюджеттегі қаржымызға қарай рет-ретімен орындауға барымызды саламыз, – деді қорытынды сөзінде. Сондай-ақ, аудан басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Қ. ОМАРАҚЫН
Көксу ауданы
Жетісу облысы

ЛЕБІЗ

Қонаев қаласының тұрғындары үшін 9 шілде – мерекелі күндердің бірі. Өйткені, дәл осы күні Іле өзені жағалауындағы шағын елдімекенге Қапшағай атауы беріліп, маңызы зор жаңа қаланың іргетасы бекіді.

Осы атаулы күнге орай өңір басшысы Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ облыс тұрғындары мен қала халқына жүрекжарды лебізін арнады.

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫН ДАМЫТУ ұлы міндеттің бірі

Марат Елеусізұлы арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, қаланың әлеуметтік-экономикалық, стратегиялық маңызы еш кемімегеніне назар аудартты.

Қаланың жаңа тынысы ашылды. Қапшағай су қоймасы, су электр стансысы, шыны фарфор зауыты, туристік орталықтар, басқа да маңызды нысандар бой көтеріп, танымал қаланың біріне айналды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында Қапшағай қаласына қатысты тағы бір тарихи өзгеріс енгізілді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қапшағайға ұлы тұлға, аңыз адам Дінмұхамед Қонаевтың есімі беріліп, тұрғындар қуанышы еселенді.

2022 жылдың 8 маусымынан бастап Қонаев қаласы Алматы облысының орталығы ретінде ары қарай дамудың даңғыл жолына түсті. Алда атқарылар жұмыс ауқымды, міндет зор.

– Қонаев қаласын дамыту, тынысын ашып, жаңа мүмкіндіктерін тиімді пайдалану – біздің буынға жүктелген ұлы міндеттің бірі.

Қонаев тұрғындарын 9 шілде – қаламыздың құрылған күнімен шын жүректен құттықтаймын. Ел іргесі берік, заманымыз тыныш, болашағымыз баянды болсын, – деді Марат Сұлтанғазиев өз құттықтауында.

МӘСЛИХАТ

Комиссия мүшелері сайланды

Жетісу облыстық мәслихатының кезектен тыс V сессиясы өтіп, күн тәртібінде Жетісу облысының аумақтық сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыру туралы мәселе қаралды.

Облыстық мәслихаттың хатшысы Гүлнар Тойлыбаева төрағалық еткен жиынға мәслихат депутаттары онлайн-офлайн форматта қатысты. Жетісу облысының аумақтық сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыру бойынша облыс депутаттарына шешімнің жобасы ұсынылып, депутаттар ашық дауыс берумен сайлау комиссиясының құрамын сайлады.

Сессия соңында Гүлнар Қожағұлқызы жаңадан сайланған комиссия мүшелерінің жұмысына сәттілік тіледі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МӘРЕ

«Рухани жаңғыру» орталығының жиынжайында азаматтық бастамаларға қолдау таныту, үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ширатуды мақсат еткен «Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесінің» жеңімпаздары марапатталды.

Қажет АНДАС

Жоба жалғасын табады

Үкіметтік емес ұйымдар консалтинг орталығының Алматы облыстық ішкі саясат басқармасының мемлекеттік-әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында жариялаған жобалар байқауы 1 – 31 наурыз аралығында өтті. Оған 37 қоғамдық ұйымнан 48 жоба ұсынылып, әділқазылардың жан-жақтылы зерделеуінің нәтижесінде 10 жоба жеңімпаз деп танылды. Олардың әрбіріне 1 млн. теңгенің сертификаты табысталды.

Мәреге сүрінбей жеткен жеңімпаздарды Жетісу облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Ерғазы Қошанбеков құттықтап, мұндай шараның әлеуметтің әлеуетін жетілдіріп, азаматтардың ел өркениетіне қосатын үлес салмағын еселейтінін тілге тиек етті. Ал комиссия мүшелері атынан сөз алған «Огни Алатау» газеті бас редакторының орынбасары Забира Сайдилдина, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Бархудар Гусенов аталған жобаның маңыздылығы мен өзектілігіне тоқталды.

Жеңімпаз болып танылған әр жобаның да қоғамға тигізер пайдасы, жұртқа жеткізер жақсылығы аз болмайды. Олардың тақырыбы да, атқаратын қызметі де әртүрлі. Әріптесіміз, «Жетісу» телекомпаниясының продюсері Гүлжан Қызайбайдың «Бала – базар» – балаларды тұлғалық қалыптастыру» жобасы да сол қатардан көрінді. Жасыратыны жоқ, ересек адамдардың өзі камераның немесе диктафонның алдында не айтарын білмей абдырап қалады. Бұл да елеусіз қарайтын нәрсе емес. Сондықтан балаларды кішкентай кезінен өз ойын еркін жеткізіп, ашық пікір алмаса алатын шеберлікке тәрбиелеу керек. Әріптесіміз қоғамдағы осы бір олқылықтың орнын толықтырмақ.

Жеңімпаздарға сертификат үлестірген облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Болат Керімбеков:

– Бұл жобаны алдағы уақытта тағы да пысықтап, ауқымын кеңейтіп, әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал ете алатын жобалар деңгейіне жеткізуге жұмыс істейміз, – деді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Кеңес құрамы бекітілді

Қонаев қаласында Алматы облыстық қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Жиын барысында аталған кеңестің төрағасы сайланды. Алдағы уақытта атқарылар жұмыстар мен жобалар талқыланды.

Көпшіліктің дауыс беруімен Алматы облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайланған Ескелді Қасымов:

– Зор сенімдеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Осы өңірдің азаматтық қоғам белсендісі ретінде барлық тәжірибемді, білімімді пайдаланамын, – деді.

Қоғамдық кеңес төралқасының құрамы, ережесі мен жұмыс жоспары қаралған, еркін форматта пікір алмасқан жиында болашақта орындалуға тиіс ілкімді істердің жалпы жобасы да айшықталды. Қоғамдық кеңес мүшелері арасынан бірқатар комиссия төрағасы мен мүшесі тағайындалды.

А. СҰЛТАНҒАЗЫ
Алматы облысы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

3
9.07.2022

ӨЗЕКТІ

Алмабақ өсіруде Алматы маңындағы өңірлер ішінде Жамбыл ауданы кенжелеп қалғаны байқалады. Бір кездері әр ауылда жайқалып тұрған бақ қазір мұнда некен-саяқ. Оның себебі неде, дақылды өсірудің қандай әдісін қолданған жөн, әйгілі апорт үшін аймақ қаншалықты қолайлы? Осы сауалдарды өсімдік шаруашылығына жауапты лауазымды тұлға – аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы Қайрат Тойшыбековке қойған едік.



АПОРТҚА ЖЕТЕТІН АЛМА ЖОҚ

– Ауданда алмабақ шаруашылықтары, негізінен, қарқынды технология әдісін қолданады екен. Бұл әдістің бұрынғы дәстүрлі әдістен айырмашылығы неде?

– Қазір алмабақ өсіріп, одан мол өнім алам деген адамға ең тиімдісі – қарқынды технология. Бұл дегеніңіз, ең алдымен қарапайым тілмен айтқанда, аз жерге көп ағаш егу. Айталық, 1 гектарға 2500 және одан да көп тал егіледі. Көшет 4/1 схемасымен отырғызылады. Яғни қатар арасы 4, ал әр талдың арасы 1 метр, тіпті 80 сантиметрден де егіледі. Осы әдіспен отырғызылған алма ағаштарының тамыры тереңге бармайды және бойы аласа, ары кеткенде 3-3,5 метр ғана. Өнімін үш жылдан кейін бере бастайды. Ал бұрынғыша егілетін орта бойлы алма ағаштары 5-6 жылдан, биік бойшаңдары 7-8 жылдан кейін ғана гүлдейді, ағаш арасы бір-бірінен алшақ, 1 гектарға 660, биіктері 200 түптен ғана. Қарқынды технологиямен тығыз егілгендіктен өнімі де мол болады. Жай алмабақтан гектарына 20-30, ал бұдан 30 тоннадан жоғары аласыз, ал Еуропада гектарына тіпті 70-80 тоннаға дейін барады.

Бойы аласа болғандықтан жемісін теру де жеңіл. Бірақ тіреуіш бағандар қолданбаса, ағаш өз жемісін көтере алмай сынып кетеді. Қарқынды бақта қатарды жағалай шпалер орнатып, оған ағашты сүйейтін сым тартылады. Тағы бір ерекшелігі, тамыры тереңге кетпегендіктен тамшылатып суғармаса болмайды. Қазіргідей ыстық кездері 3-4 күн сайын суғару керек. Суды әрбір түпке қажетті мөлшерде беріп, керекті тыңайтқыштарды суға қосады. Сонда тыңайту жұмысы суғарумен бірге жүреді, бұл да тиімді. Аталмыш әдіс Еуропада қатты дамыған. Біздің елде кейінгі жылдары қолданылып келеді. Оған егетін көшет шетелден әкелінеді. Көшеттің төменгі, яғни телуші бөлігі клондау әдісімен шығарылып, оған қажетті сорттың бұтағы телінеді. Мұның да өзінің қыр-сыры жеткілікті.

– Өнімділігі жоғары болғанымен, сапасы Алматы апортына жетпейді ғой. Апорттың күрт азайып кетуінің себебін ауданның бас агрономы ретінде немен түсіндіресіз?

– Апорт қазір аборигендік сорт деп есептеледі, яғни атам заманнан келе жатқан сорт. Оны алғашқы орыс келімсектері Алатау бөктеріндегі сиверс алмасы мен өздері алып келген көшеттерді будандастырып шығарған. Апорт, негізі, өте жақсы сорт. Бірақ кейінгі шыққан, мутацияланған ауруларға төзімсіз. Бактериялық күйік, парша сияқты неше түрлі өсімдік аурулары көп қазір. Соларға осал болғандықтан көп екпейді оны. Қазір бұрынғы кездердегідей бір рет егіп қойып, одан соң өнімін жинап отырамын десеңіз қателесесіз. Алмабаққа ең аз дегенде жылына 17-18 рет, әйтпесе 35-40-қа дейін агротехникалық шаралар қажет. Онсыз өнім ала алмайсыз. Дәрілеу, арам шөптерден тазарту, топырағын өңдеу, бұтау, жас кезінде формаға келтіру, құрт-құмырсқа сияқты зиянды жәндіктерге, саңырауқұлақтық және басқа да ауруларға қарсы химиялық өңдеу тәрізді шаруаларды жүйелі жүргізу керек. Мұның барлығы уақтылы жасалмаса, тиімділігі төмендеп, өнімге кері әсер етеді. Маусымдық жұмыстар ауаның ылғалдылығы, температурасы ескеріліп атқарылады.

Апорттың нағыз жақсы өсетін жері – теңіз деңгейінен 900-ден бастап 1200 метрге дейінгі биіктік. Бұдан төмен немесе жоғары деңгейде апорт өзінің барлық қасиетін толық көрсете алмайды. Алатаудың етегі осындай. Ауданда бұл белдеуге Қарғалы, Ынтымақ ауылдарының бас жағы, Майтөбе жайлауының бөктері, Суықтөбе тауының етегіндегі Қастек, Шиен ауылдарының үсті жатады. Осы жерлер апорт үшін өте қолайлы болғандықтан, өткен ғасырдың 70-90 жылдары әр ауылда ірі-ірі апорт бақтары болған.

Апорттың өзінің 3-4 буданы бар, ғалымдар апорттектес тағы да түрлерін шығаруда. Оның күтіп-баптауы көп, дегенмен кәсіби мамандар айналысса, қайта жандандыруға болады. Апортқа жететін алма жоқ. Оның дәмі, аңқыған хош иісі, көз қызықтырар түрі керемет қой. Егер оған қолайлы барлық қажетті шарттар мен технологиялар сақталса, бұрынғы даңқын қайтаруға әбден болады. Бірақ маман жетіспейді, ал қызығушылық танытқандар кәсіби маман емес. Қалталы компаниялар қызықпайды, оларға тез пайда табу керек, 8-9 жыл күткенше 4 жылда өнім алуды тиімді санайды.

– Ауданда қазір апорт өсіріле ме?

– Өсіріледі, бірақ күткендегідей өнім алынбай келеді. Самсы ауылында 7 гектарға егілген бақтың өнімділігі төмен болуының басты себебі – жоғарыда айтылған қолайлы белдеуге жатпауында. Теңіз деңгейінен 770-780 метрде, яғни 900 метрге жетпегендіктен көшетіне субсидия да ала алмады. Ал қажетті белдеудегі Қарғалы ауылы маңындағы 36 гектарлық апорт бағы жайқалып өсіп келе жатқанда былтырғы қуаңшылықта 17 гектары өртеніп кетті. Баққа биыл 7-8 жыл толып, өнім бере бастайтын кезі еді. 36 гектардың 19-ы есептен шығарылып, 17 гектары қалды. Ағаштар бактериялық күйікпен ауырды, ал апорт бұл ауруға төзімсіз.

– Бақ егу қымбат па? Қай шаруашылықтың жұмысы дұрыс?

– Мемлекет тарапынан интенсивті технологияға қолдау бар. Тіреуіш-сүйеуіштер орнату, су шығару, бақтың аумағын қоршау, суландыру жүйесі сияқты шаруаларға демеуқаржы төленеді. Ол үшін әр шаруашылық өз электрондық-сандық қолтаңбасы арқылы Электрондық үкімет сайтына кіріп, шығынын өтеуге өтінім бере алады. Егер интенсивті технология қолданбаса, онда көшетті сатып алғаны шекті баға бойынша 50 пайызына дейін субсидияланады.

Бізде қарқынды бақтың көшеттері жоқтың қасы, оны шетелден алдырады. Бұрын аталарымыз қолданған әдіс қандай еді: алма дәнін егіп, көшет қып өсіріп, тұрақты орнына отырғызатын, ол 7-9 жылда гүлдейді. Бірақ дәннен өскен ағаш сол сорттың барлық қасиетінің 80 пайызына дейін ғана береді. Ал жоғарыдағыдай жаңа әдіспен телінген көшет сорттың қасиетін 100 пайыз сақтап қалады, демек, кепілдік 100 пайыз.

– Алмабақ өсірудің арзан, қолжетімді жолы бар ма? Қай кезде еккен жөн?

– Шағын бақ егемін деушілерге бұл соншалықты қымбат емес. Көшет шаруашылықтарымен келісімшартқа отырып, керекті сорттарға алдын ала тапсырыс беріп, көктемде ауласына немесе басқа жерге отырғызуға болады. Оны көктемде де, күзде де ексе болады. Дала жұмыстарын жүргізуде әр өңір үшін оңтайлы мерзім белгіленген. Ол әрбір дақыл үшін есептелген. Мәселен, көшет отырғызудың оңтайлы мерзімі бізде 20 сәуірге дейін. Жас тал мамырдың ыстығына дейін бүр атып, тамыр жайып алады. Егер мамырда егілсе 100 талдың 30-ы өліп қалуы мүмкін. Өйткені тамырланып үлгермей жатып жапырағын жайып жіберсе, қажетті күрекпен қамтамасыз ете алмай, құрап қалады. Ал күзде алғашқы қар жауғаннан және ауа температурасы күрт төмендегеннен екі апта бұрын егілгені дұрыс. Бұл – қазанның соңы мен қарашаның басы, ағаштың бойындағы сөл қозғалысы тоқтап, жапырақ сарғайған кез. Бірақ ауа райының мұндай өзгерісіне дөп келу қиын, себебі климат өзгерді, алдын ала болжам дұрыс келмей жатады. Қатты суық ерте түсуі мүмкін. Қар жаумай, қара суық түссе тамыры дайындалып үлгермегендіктен үсіп, жас көшеттің біразы шығынға ұшырайды. Сондықтан өзім көктемде еккенді қолдаймын.

– Ағаштың өмірі қанша жыл? Апорттың болашағы қандай?

– Еуропада бұл технологиямен ағашты 25 жылда алып тастайды, олар аямай көп бұтайды, жиі өңдейді. Біздегілері 30 жылға есептеліп отыр. Ал апорттың өмірі 70-80 жылға барады. Апорттың болашағы жоқ деп айта алмаймын. 10 жылдай бұрын апортқа Президент бағдарламасымен қолдау болған, өнім алғанша субсидия төленген. Сондай жаңа бағдарлама қабылданса, қазақ елінің брендін неге қалпына келтірмеске?!

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан:
Серік САТЫБАЛДИЕВ
Жамбыл ауданы
Алматы облысы

БІЛІМ

Заманауи кітапхана

Кітапхана саласын модернизациялау, интеллектуалды ортаны қалыптастыру бағытына бет бұру – бүгінгі күннің талабы. Заман ағымына қарай біздің кітапханадағы қызмет түрі де жандану үстінде.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіндегі Ғали Орманов атындағы кітапхана – университеттің жетекші бөлімшесі. Ол оқу-тәрбие процесін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз етеді. Биыл Жетісу университетіне 50 жыл толып отыр. Кітапхана қоры 50 жылда жаңа әдебиеттермен сапалы толықтырылып, түскен оқулықтар, ғылыми және көркем әдебиеттер саны жылдан-жылға артуда.

Қарқынды цифрландыру жағдайында біздің кітапхана технологиялық тұрғыдан да, оқырмандармен жұмыс істеудің жаңа әдістерімен де жаңа жағдайларға бейімделген. Кітапханада электронды кітаптар қоры бар, сондықтан оқырмандар кітаптарға қашықтан қол жеткізе алады. Университет оқырмандарына электронды кітапханаға онлайн қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы ақпараттық және кітапханалық кеңістікті кеңейтеді.

Кітапханада отандық деректер – республикалық ЖОО аралық электронды кітапхана (ҚР ЖОО қауымдастығы), "Эпиграф" баспасы, "Ақнұр-пресс" баспасы, бірыңғай электронды кітапхана, ҚазҰЭК, сондай-ақ, Thomson Reuters, Elsevier, Scopus сияқты халықаралық деректер қоры қолжетімді. Кітапхананың жеке электронды базасы бар. Әрбір студент пен оқытушы осы базадағы жеке кабинетке кіре алады. Бұл базада толықмәтінді түрде ашылатын 5760-тан астам кітап жинақталған. Білім алушы жеке кабинетінде кітаптың электрондық нұсқасына өтінім жасай алады.

Осының барлығы университет оқытушылары мен студенттерге қазақстандық жоғары оқу орындарының, халықаралық базалардың, университеттің кітапхана қорының оқу-әдістемелік әдебиетін қолжетімді етеді.

А. ҚАРАСАЕВА,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
Ғ. Орманов атындағы кітапхана директоры

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Жаңа мектеп салынса...

Жаркент қаласындағы Жамбыл Жабаев атындағы орта мектеп 1972 жылы 600 балаға арналып салынған. Бүгінгі таңда оқушылар саны 1900-ге жетіп, олар қысылып-қымтырылып екі ауысымда оқуда.

Осыған орай шешімін күтіп отырған екінші мәселе – мектеп жанынан жаңа білім ошағын салу. Бұл мақсатқа қоршаған ортаға зиянды қалдықтардың бөлінуіне байланысты 2013 жылы жабылып қалған крахмал-сірне зауытының бос тұрған жерін пайдалануға болады. Ол үшін жекеменшіктегі жер мемлекет қорына қайтарылуға тиіс.

Ал мектеп балансында тұрған спорт алаңына үлкен футбол, мини-футбол, баскетбол, волейбол алаңдарын, 400 метрлік жүгіру жолдары мен қос трибуналы стадион салу жобасы 2008 жылдан бері екі рет дайындалған болатын. Жаңа мектеп, спорт алаңын салу туралы ұсынысты Алматы облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ж.Сүлейменоваға да жеткізген болатынбыз. Алайда оған жауап ретінде «Бүгінгі күнге Жаркент қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектептің спорт алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаражат қарастырылуда» – деген хат жолдаған екен. «Домбырам не дейді, мен не деймін» дегендей, бұл екі мәселе де шешілмей келеді. Десек те, Жамбыл атындағы орта мектепке қатысты осы жайт облыс басшылығының назарына алынып, оң шешімін табады деген үміттеміз.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,
Жамбыл атындағы орта мектептің футбол үйірмесінің оқытушы-жаттықтырушысы
Панфилов ауданы
Жетісу облысы

КӘСІПКЕРЛІК

Грантқа кімдер ие болып жүр?



Өткен жылы облыстық кәсіпкерлік басқармасы тарапынан сәуір және желтоқсан айларында екі рет «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған гранттық байқау өтті. Нәтижесінде Алматы және Жетісу облысы бойынша 255 кәсіпкердің әрбіріне 5 млн. теңгеге дейінгі мемлекеттік қайтарымсыз грант берілген.

Қажет АНДАС

Осы грантқа ие болған кәсіпкерлерді өңірлер бойынша бөлетін болсақ, Талдықорған қаласынан 55, Талғар ауданынан 32, Қарасай ауданынан 30, Еңбекшіқазақ ауданынан 21, Іле ауданы 15, Панфилов, Көксу, Жамбыл аудандарынан 11, Сарқан, Ақсу, Кеген аудандарынан 9, Қапшағай қаласы 8, Қаратал, Үйғыр, аудандарынан 6, Райымбек, Көксу аудандарынан 5, Ескелді ауданынан 4, Балқаш ауданынан 3, Кербұлақ ауданынан 2 кәсіпкер ие болыпты. Әрине, көш басындағы үш орында Талдықорған қаласы мен Талғар, Қарасай аудандары тұрса, соңғы үштікті Ескелді, Балқаш, Кербұлақ аудандары құрайды.

Салыстырмалы түрде осының өзінен аудан-қалалардағы кәсіпкерлік саласының қандай деңгейде өркендеп жатқанын білуге болады. Көріп тұрғандарыңыздай гранттың тең жартысы облыс орталығы Талдықорған қаласы мен Алматы қаласының маңындағы аудандардан келген үміткерлердің еншісіне тиген. Зерделеп көрсек, олар Алматы қаласында жұмысын жүргізіп, бизнес субъектісін қала маңындағы аудан, ауылдардан тіркеуден өткізгенін байқауға болады. Демек, мегаполис қалада жүзеге асқан жобаның ауылды жерлердегі бәсекелестерінен мойны озық көрінетіні анық. Бірақ олар грантты алғаннан кейін өз арманын сол тіркелген елдімекенде жүзеге асырмай, Алматыдағы өнімін есепке енгізіп, жобаны атқарып шығуы әбден мүмкін. Демек, бұл қолдаудың лебі шалғай елдімекендерге жетпей тұрғанының бірден-бір себебі осы.

Екіншіден, аудан, қалалардағы кәсіпкерлікті дамытумен айналысатын құзырлы мекеме және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалдары кәсіпкерлікті дамытуға көңіл бөлмейтінін де білдіреді. Өйтпесе, ауылдарда темір мен ағаштан түйін түйіп, мал өсіріп, оның сүті мен етін, терісі мен жүнін кәсіптің көзіне айналдыра алмай жүрген адамдар көп. Қолы ісмер болғанымен, кәсібін дөңгелентіп әкететін заманауи құрылғыларға қол жеткізе алмай жүргендері қаншама? Оларға жергілікті жерлерде ешқандай кәсіби қолдау жоқ. Осы мақаланы дайындау барысында жоғарыдағы көрсеткіші төмен аудан, қалалардың кәсіпкерлік бөлімдері мен «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы филиалдарының әлеуметтік желідегі парақшаларын қарап шықтық. Өкінішке қарай, кейбір аудан, қаланың әлеуметтік желілеріндегі акаунтын таба алмадық. Сол аудан, қала әкімінің ресми сайтында айына бір немесе екі рет қана кәсіпкерлікке қолдау тақырыбындағы ақпараттар салынғаны болмаса, көңіл көншітетін дүние жоқ. Демек, аудан, қалалардағы кәсіпкерлікті ақпараттандыру жағы нөлге тең.

Бұрынғы жылдары қолға тиген грантты бизнесін дамыту мақсатында емес, қымбат тон немесе көлік сатып алуға, банктердегі кредитін өтеуге жұмсаған деректердің болғанын естігенбіз. Әлі де грантты кәсібін дамыту үшін емес, басқа мақсаттарға жұмсайтындар жоқ дей алмаймыз. Грантқа ие болған жобалардың қаншалықты қадағаланып жатқанын да білмейміз. Сондықтан қадағалауды күшейту керек.

12 shilde,
2022 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№77 (19072) АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Күріштің жайын кім ойлайды?



Қажет АНДАС

Алматы облысы бөлінбей тұрған шағында 12 мың гектарға дейін күріш егіліп, диқандар да, тұтынушылар да Үштөбе мен Балқаштың күріш өнімдеріне қарық болып жататын. Алайда, кейінгі жылдары аймақтағы күріш алқабының көлемі азайып, дақылды егумен айналысатын шаруашылықтардың алдынан талай қиындық кес-кестей бастады.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының есебінше өткен жылы Алматы облысы бойынша 8171 гектар жерге күріш егіліп, қамбаланды. Оның 7400 гектары Балқаш, қалғаны Қаратал ауданына тиесілі болды. Биыл аталған дақыл алқабы 7750 гектарға қысқарды.

Күріш дақылына деген тұтынушылардың сұранысы артқан сайын егіс алқабының аумағы азайып, базардағы күріш бағасы қымбаттай түсті. Қазір Талдықорған базарынан келісі 100-150 теңгеден сатылатын жергілікті күрішті таба алмайсыз. Осылай жалғаса берсе, бірнеше жылдан соң күріш тісімізге емес, түсімізге кіруі әбден мүмкін.

Күріш алқабы азаюының ең басты себебі – су тапшылығы. Расында, кейінгі жылдардағы құрғақшылық, өзен-сулардың азаюы суды көп талап ететін дақылды өсіретіндерге қиын тиді. Тіпті көктемде еккен алқаптың тең жарымынан бір түйір дән жинай алмағандар да кездесті. Осылай шығынға белшесінен батқан диқандар күріш егуге батылы бармайтын деңгейге жетті. Осыған орай, 2020 жылы Ауылшаруашылығы министрлігі облыс әкімдерімен бірлесе суды көп қажет ететін дақылдарды егетін алқаптардың үлесін азайту туралы және жоғары рентабельді дақыл алқаптарын ұлғайту жайлы меморандумға қол қойды.

(Соңы 3-бетте)

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

Қонаев қаласында облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен «Жас сарбаз» әскери-патриоттық байқауы өтті.

Жасындай бол, жас сарбаз

Балалар жылы және ҚР Қарулы Күштерінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған байқауға әскери клубтар мен өңірлерден келген 12 команда қатысып, өзара мықтыны анықтасты.

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық ойыны үш кезең бойынша өрбіді. Жас жауынгерлер әуелі «АК-74» автоматын толық жинау және бөлшектеу эстафетасында шеберлік сайыстырып, одан кейінгі «Күш бірлікте» әскери-спорттық көпсайысында және соңғы кезең арқан тарту кезеңі бойынша бақ сынасты.

Жарыс қорытындысы бойынша облыс орталығының әскери буыны үздік болып шықты. «Қонаев қаласы жас десантшылар патриоттық клубы» командасы тек кубок, Грамота, медальдармен марапатталып қана қоймай, жазғы лагерьлердің біріне сертификат ұтып алды.

АРДА БИ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

СПОРТ

Талanттар тартысы

Қонаев қаласының жағажайында республикалық «TARTYL FEST» спорт фестивалінің облыстық іріктеу кезеңі өтті.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Байқау алдағы уақытта еліміздің барлық аймағында алауын тұтататын болады. Облыстық іріктеу кезеңіне 9 ауданнан және Қонаев қаласынан 100-ден аса спортшы қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев сөз алып, спорттық фестивальге қатысушыларды құттықтады. Өз кезегінде, «Street workout» спорт түрінің негізін қалаушы Дамир Муминов, «DARA» дарындыларды қолдау қорының президенті, белгілі продюсер Нұрлан Қоянбаев, қоғам қайраткері, жаттықтырушы Айтым Жакупов сөз алып, көпшілікке сәттілік тіледі.

Жарыс қорытындысы бойынша 18 жасқа дейінгілер арасындағы 55 келі салмақ дәрежесінде Наиль Иминов, 70 келіге дейін Бейбарыс Әлімтай, 70 келіден жоғары Бауыржан Баван жеңімпаз атанды. Ал, 18-30 жас аралығындағылар арасындағы 65 келіде Нұрбол Слямғазиев, 80 келіге дейін Жандос Дәулетхан, 80 келіден жоғары салмақ бойынша Рамиль Аблизов алтыннан алқа тағынды. 30 жастан жоғарылар арасындағы 80 келіге дейінгі салмақ бойынша Әлімжан Садықов, 90 келіге дейін Бақыт Сүлейменов, 90 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Андрей Водняков чемпион атанды. Сонымен қатар, 76 жастағы Бұлар Мейірманов «Ардагер спортшы», 13 жасар Әмірхан Ануарбеков «Ең жас спортшы» аталымы бойынша марапатталса, джиу-джитсудан әлем чемпионы, додада ерлермен бірге сынға түскен Жібек Күлімбекова да сондай құрметке бөленді.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері медаль және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, әр салмақ бойынша чемпион атанғандар қыркүйек айында өтетін республикалық "TARTYL FEST" спорт фестивалінің финалдық кезеңіне жолдама алды.

Саябақ ашылды

Сұраншы батыр ауылында жаңа саябақ пайдалануға берілді. Аумағы 2400 шаршы метр демалыс бағы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жергілікті бюджеттен 37 миллион теңге қаржыға салынды.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Заман талабына сай жабдықталған саябақтың 500 шаршы метріне өрнектас төселіп, балаларға арналған алаң жасақталған. Онда алтыбақаннан бастап жас мөлшеріне сәйкес әр- түрлі ойын және спорттық құрылғылар орнатылған. Аумағы атшаптырым бақта серуендеушілер үшін жайлы орындықтар қойылған. Бұл тұрғындардың саламатты өмір салтын ұстануына жасалған өте қолайлы жағдай болды.

Аудан орталығынан 40 шақырымдай қашықтықта жатқан ауылда кейінгі жылдары біраз игілікті іс атқарылды. Өткен жылдың аяғында ғана мұнда балабақша мен су жаңа Мәдениет үйі пайдалануға берілді. Күрделі жөндеуден өткізілген екіқабатты, 90 орынды «Батыр бол» бөбекжай-балабақшасы мектепке дейінгі мекемеге қойылар барлық талапқа сай жабдықталған. Онда 30-дай адам жұмыс істейді. Ал Мәдениет үйі «Жұмыспен қамту» бағдарламасы аясында 261 миллион теңгеге салынып, 8 штат ашылған, үш үйірме жұмыс істейді, 218 орынды көрермен залы бар. Тау етегіндегі 2 мыңнан астам тұрғыны бар елді мекендегі игіліктерге тұрғындар өте риза.

Жамбыл ауданы
Алматы облысы

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Бүгінде еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде жаңа даму жолына түсті. Егемендік алған жылдардан бастап біршама жетістікке жетіп, дүниежүзілік ұйымдарға мүшелікке еніп, әлемдік қоғамдастықта зор беделге ие болды. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің берік іргетасы қаланып, алға қарай жақсы қарқынмен жаңа кезеңге қадам бастық.

Жарқын болашақ кепілі

Еліміздегі саяси реформалардың басты негізі – конституциялық өзгерістер. Осы орайда Мемлекет басшысы елдегі саяси реформаларға байланысты жаңа өзгерістерді жүзеге асыруда. Яғни, Жаңа Қазақстанның жаңа ережелері ең алдымен Ата Заңымыздан бастау алады. Нәтижесінде Конституциясының 33 бабына өзгерістер енгізу арқылы 20-дан астам заң жаңаша редакцияланатын болады. Сол арқылы елімізде саяси жүйе мен басқарудың қайта құрылуы жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың негізгі мақсаты – еліміздің дамуына серпіліс жасау және оның әлемдегі позициясын одан ары қарай нығайту болатыны анық. Осы жаңару мен жаңғыру жолында еліміз біршама биік белестерге жететіні айқын. Президенттің «Жаңа Қазақстан» туралы бастамалары халық пен билік арасындағы сенімді арттырады. Бұл жарқын бастамаға біз де нық сеніммен өз үлесімізді қосуымыз керек.

А. СЕЙІТНҰР,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 3-курс студенті

БІЛІМ

Жастардан күтер үміт көп

Елімізде кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарының маңыздылығы арта түсті. Биылдан бастап техникалық білім беретін жоғары оқу орындарына берілетін гранттар саны 20 мыңға көбейтілді. Онда тракторист-машинист, көлік жүргізушісі мамандығы бойынша ауылшаруашылығына мамандар даярланады.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Колледждегі ұстаздар ұжымының басты мақсаты – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз жұмысын жақсы білетін кәсіби маман даярлау. Соған сай еліміздегі білім беру саласының сапасын, білім деңгейін арттыруға бағытталған бағдарламалар енгізіліп, дуальді оқыту жүйесі мен модульдік білім беру технологиясы негізге алынған. Теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру жолға қойылған.

Бүгінгі қоғамның басты талаптарының бірі – әр азаматтың өмірден өз орнын тауып, қоғам байлығын еселеуге үлес қосуы. Колледж фермер шаруашылығы, электр жабдықтарына қызмет көрсететін электр монтері, тракторист-машинист, автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, дәнекерлеу ісі, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, электрондық есептеу машиналарының операторы сынды жергілікті жерде сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқытады.

Білім алушыларға барлық жағдай жасалған. Оқу, жатақхана, 4 мезгіл тамақ тегін. Жақсы оқығандар ай сайын 25 мың теңге шәкіртақы алады. Білімгерлерге



жылына екі дүркін 5302 теңге көлемінде жолақы төлененіп тұрады.

Оқу орнында алған біліміңді шаруа қожалықтарында тәжірибемен ұштастырудың берері көп. Бұл орайда колледж аудан аумағындағы «Лабасы – А» өндірістік кооперативімен, «Ерік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен, «Өркен», «Самат» шаруа қожалықтарымен бірлесе жұмыстар жүргізуде. Шәкірттер жыл сайын науқан кездерінде аталған серіктестіктер мен қожалықтарда іс-тәжірибеден өтіп тұрады.

Иә, ауылда тұратын жастарға кәсіптік-техникалық білім берудің маңызы зор. Аудандағы аға ұрпақтың, әкелердің ісін ертең осы жастар қолына алып, жалғастырады. Трактор, автокөлік жүргізе алатын, техниканы жөндеп, дәнекерлейтін, электр жағынан да хабары бар, электронды есептеу машиналарын меңгерген жастардан күтер үміт көп.

Райымбек ауданы
Алматы облысы

14 shilde,
2022 jyl
Beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№78 (19073)
АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ
Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

АҚОРДА

ЖАҢА ТРАНЗИТТІК ДӘЛІЗ

Бүркемелеп қайтеміз, бес құрлықтың қазіргі ахуалына барша адамзат алаңдаулы. Өткен аптаның ортасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ геосаяси жағдай күрделенген осы бір алмағайып тұста елдің етек-жеңін жинап, әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыру маңызды міндет екенін еске салды. Президент бұл жолы көлік-транзит әлеуетін арттыруға мән берді.

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Көлік-транзит, логистика, әуе қатынасы, жүйткіген пойыз жолы мен автодәліздер экономиканың күретамырына айналғалы қашан?! Бұған ел мен ел арасын «қуалаған» мұнай мен газ құбырларын қосыңыз. Күніне миллиондар тасымалданып, миллиардтар «ағып» жатыр.

Көлік логистикасы Қазақстан экономикасында үлкен міндет атқарады. Президент көршілес елдерде дүмпу көбейіп, иек астында қауіп күшейген шақта бұл салаға тектен-текке назар аударған жоқ. Әлемге қарулы қақтығыстан бұрын санкциялық қысымдар қатты әсер етуде. Халықтың әлеуметтік жағдайын күрт төмендетіп жіберетін сан түрлі санкцияның арасынан жол табу, алыс-жақын елдердегі шиеленісті айналып өтіп, сауда-саттық көрсеткішін сақтап қалу – қиынның қиыны. Қазіргі геосаяси ахуал Қазақ-станның көлік логистикасына, транзит мәселесіне де көлеңке түсірді. Бірақ Президент бұл тығырықтан шығар жол барын нақты тапсырмалар мен жүктелген міндеттер арқылы көрсетіп берді.

Көлік транзитін дамыту жөніндегі кеңесте, ең алдымен, санкциялық теке-тірес кезінде жүк жеткізетін балама бағыттарды қарастыру, тасымалдауды әртараптандыруға назар аударылды. Бұл үшін, әрине, бірінші кезекте кешенді жоспар қажет. Атап айтқанда, отандық өнім экспортында ешқандай кедергі болмауға тиіс. Қасым-Жомарт Кемелұлы өнімдерді тоқтаусыз тасымалдау ісін жандандыру үшін нақты жоспар әзірлеуді тапсырды. Оның ішінде, біздің Жетісу, Алматы облыстары үшін маңызды жаңалық – Достық пен Мойынты арасын жалғайтын үлкен жобаның жұмысына серпін берілді.

(Соңы 2-бетте)

ЖАЙДАРМАН

Жер жаннаты Жетісу әсем жерлерімен ғана емес, сирек кездесетін аң-құстарымен ерекшеленеді. Бір кездері Балқашты тұран жолбарысы мекендеген. Өкінішке қарай, көл маңындағы қопалы қамыстың жаппай шабылып, өртелуі мен броконьерлердің мылтығынан өлкедегі тұяқты дала жануарларынан бөлек, алып жыртқыштың тұқымы да тұздай құрыған.

БҰҚАР БҰҒЫЛАРЫ
резерват аумағына жіберілді



Айдар ҚАЛИЕВ

Жолбарысты қайта жерсіндіру үшін «Іле-Балқаш» резерваты құрылды. Жуырда 415 мың гектар құрайтын резерват ауданына түз тағысының азық базасын жақсарту мақсатында 61 бұқар бұғысы жіберілді. Дүниежүзінің Қызыл кітабына енген бұқар бұғысы – табиғат ерекше жаратқан тіршілік иесі. Әлемде санаулы ғана аймақтарда кездесетін жабайы жануар шөлейтті өңірде тірлік етуге бейімделген.

Бұқар бұғысын мемлекеттік резерватқа осымен 4 рет әкеліп отыр. Оны министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Дүниежізілік жабайы табиғат қорымен (WWF) бірлесіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының «Дүниежүзілік жабайы табиғат» қоры кірісіп, Қызыл кітапқа кірген жануарлардың тұқымын көбейтуді қолға алған. Осыдан 4 жыл бұрын резерват аумағына 5 бұғы жіберілген болатын. Бүгінде олардың саны 150-ге жетіпті.

Жануарлардың еркіндіктегі қозғалысын бақылау мақсатында олардың жіберілген аумағына 6 фототұзақ орнатылыпты. Сондай-ақ, үш бұғыға GPS орнатылған қарғыбау тағылған. Бұл құрылғының жануарларға еш зияны жоқ. Айта кетсек, бұқар бұғысы Алматы облысы Балқаш ауданында көп болған. Алайда, XX ғасырдың басында жойылып кетті. Қазақстанның ғана емес, халықаралық Қызыл кітапқа да енгізілген. БҰҰ Конвенциясы аясында қорғалады.

Ал тұран жолбарысы Балқаш өңірін мекендеген деп бұрындары үлкендер жиі айтып отыратын. Қазақстанда соңғы рет жолбарысты 1957 жылы көрген, ал ресми түрде 1970 жылы жоғалды деп танылды. Тұран жолбарысы деп аталатын жолбарыс Орта Азия, Иран және Кавказ аумағын да мекендеген. Балқаш маңынан жойылып кеткен тұяқты жануарлардың барлық түрі қалпына келеді. Тұран даланы мекен еткен түз тағысы жерсініп, қайта оралса тіпті керемет болар еді.

Алматы облысы

ТАБИҒАТ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ НҰҚСАН КЕЛДІ

Қонаев қаласының маңында, Шеңгелді ауылындағы Қ. Жалайыр атындағы №6 орта мектеп ауласына жақын жерлердегі көптеген ағаш түбірімен оталып кеткен.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ



Заңсыз кесілген ағаштардың түбірі құшақ жетпес көлемде. Көрсе көз қанықтыратын табиғат байлығын ешқандай рұқсатсыз отағандар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, заң алдында жауап беретін болады. Бұл мәселе облыстық әкімдікте қаралып, аймақ басшысының өзі жауапты мамандарға істің мән-жайын анықтап, кінәлілерді жазаға тартуды жүктеді.

Бұл жайтты көзімізбен көріп келгеннен кейін себебін сұрағанымызда Қонаев қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Ардақ Қасымханова аталмыш мектеп электр желісінің сапасыздығы көптен бері өзекті мәселе екенін айтып, соның алдын алу үшін Шеңгелді ауылдық округі әкімдігіне хат жолданғанын жеткізді.

– Хат негізінде жауапты тұлғалардың қатысуымен тексеру актісі жасалды. Сәйкесінше желіге тиіп тұрған ағаштарға санитарлық кесу жұмыстарын жүргізіп, үш-төрт жерден үзіліп қалған желіні жалғап, іске қосу ұйғарылған. Әкім аппаратының өкілі ағаш кесетіндерге және электр жүйесінің қызметкерлеріне желі астындағы ағаштарды қысқартып, жақын өсіп тұрған бұталарды отап, желі үстінен төніп тұрған ағаштардың басын ғана қию керегін ескерткен. Бірақ нәтижесі осылай болып шықты, – дейді ол.

Айта кетерлігі, осыдан біраз уақыт бұрын облыс орталығына таяу ауылдарды абаттандырып, бұтағы арса-арса ағаштарды ретке келтіру, электр бағаналары мен желілерге жақын орналасқан бұталарды кесу жұмысы тапсырылған. Аталған хат негізінде әрі арнайы тапсырмамен ағаш кескендер жұмысқа немқұрайды қараған. Сөйтіп, электр бағаналарынан, желілерден мүлдем қашықта, бейтарап жерде өсіп тұрған ағаштарды отап тастаған.

Осындай келеңсіздікке барғандар таяу арада заң алдында тиісті жазасын алады деп күтілуде.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Қаратал ауданындағы жұмыс сапарында елдімекендерді, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмысы жүріп жатқан нысандарды аралады. Аймақ экономикасына мол кіріс кіргізіп отырған кәсіпорындарға бағыт-бағдар берді.

Қажет АНДАС



Аймақ басшысы Сарбұлақ ауылындағы сумен жабдықтау нысанын қайта жаңғырту жұмысын көрді. Өткен жылы қазан айында басталып, биыл 1 шілдеде қолданысқа берілуге тиісті болған нысан құрылысы тоқтап тұр. 1987 жылы салынып, 2003 жылы кәсіпкер азаматтар қайта жаңғырқан қондырғы әбден тозған. Ауыл тұрғындарының өтініш-тілегі бойынша 2019 жылы 286 млн. теңгеге жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, 8 шақырым су құбыры тартылған, су мұнарасы салынып, су резервары және екі ұңғыма жасалмақ болған. Өткен жылы республикалық бюджеттен 243 млн. теңге бөлініп, бүгінде 30 пайыз жұмыс атқарылған. Өкінішке қарай, құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты жұмыс тоқтаған. «Құрылысты толық бітіру үшін тағы да қосымша 70 млн. теңге қаржы керек» дейді мамандар.

Нысанның жағдайын көрген облыс әкімі мердігер компания өкілдерінің де уәжін тыңдап көрді. Демек, құжаттамаға қайта түзету жұмысы бітіп, қаржы бөлініп, жұмыс басталғанша біраз уақыт күтуге тура келеді.

(Соңы 2-бетте)

БРИФИНГ

Індет өршіп тұр

Коронавирустық Жетісу өңіріндегі эпидемиологиялық жағдайы бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арман ЖАНСЕҢГІРОВПЕН брифинг өтті.

Гүлжан ТҰРСЫН

Басқосуда Арман Серікұлы облыста індетпен 84 адамның тіркелгендігін айтты. Соңғы бір тәулікте 16 адам сырқаттанған. Стационарлық емдеуде 32 адам, қалғандары үй жағдайында ем алуда. Спикердің айтуынша, коронавирус жұқпасын анықтайтын 18 зертхана жұмыс істейді.

Журналистермен басқосуда тұрғындардың коронавирус инфекциясына қарсы вакцина алу барысы жайлы да айтылды. Жетісу облысында тұрғындардың 83%-ы, яғни 320238 адам вакцинаның – 1 компонентін, 307 358 адам 2 компонентін салдырған. Ревакциналаудан өтуге тиісті 213 945 адамның 127 702-і екпе алды. Дәрігер соңғы күндері вакцина алушылар қатарының өскенін мәлімдеді. Олардың кейбірі сақтық шарасы үшін, қалғаны шетелге демалуға шығатын болған соң салдыртып жатқан көрінеді. Облыста коронавирус инфекциясына қарсы вакцина жасау үшін 147 егу пункті, 27 мобильді бригада, 8 жылжымалы медициналық кешен іске қосылған. Вакцинаны сақтауға арналған 77 мұздатқыш камераның 2-еуі – ультра төмен температурадағы мұздатқыш. Сонымен қатар 131 термоконтейнер (АВТО мұздатқыштар) бар. Қазіргі уақытта облыс тұрғындары үшін вирусқа қарсы препараттардың үш түрі, яғни «QazCovid-in», «SinopharmVeroCell» және «Comirnaty», (Pfizer) қолжетімді.

Брифингте журналистер коронавирус жұқпасын емдеуге аурухана төсектерінің дайындығы, дәрі-дәрмек қоры жайлы сұрақтар қойды. Спикер барлық жағдайдың бақылауда екенін, керек болған жағдайда іске қосқанға бірнеше бөлімшенің дайын тұрғанын айтты.



ҚҰР АЙҚАЙДАН НЕ ҚАЙЫР? мәселемізге мән берілмесе...

(Басы 1-бетте)

Қазақстан ауылындағы 3-4 көше кейінгі жылдары бой көтерген. Олардың дені – атажұртқа қоныс аударған қандастар. Бәрінің ортақ мұңы – ауызсу мен электр жарығы. Өйткені, жел тұрса жалп етіп жарық сөніп, сорғы істемей, тәуліктеп сусыз қалу – жүйкені жұқартқан.

– Бағымызға орай, құдық қазғанда артезиан суы шығып, соны көршімізбен бірлесе тартып алғанбыз. Осы жаңа құрылыста екі-ақ үйде таза су бар. Жел тұрса жарық сөніп қалады. Өз басымызда интернет деген атауымен жоқ. Тариф қостыруға қалтамыз көтермейді. Жолдасым ғана жұмыс істейді. Мына қымбатшылықта 9 баланы ассумен қамтамасыз ету оңай емес. АӘК алғаныммен, оның пакетін алмағалы 4-5 айдың жүзі болды. Қымбатшылық күйдіріп барады. Көріп тұрғаныңыздай, көшемізде асфальт жоқ. Былтыр ғана тас төселді. Оған дейін батпаққа бататынбыз. Жауын-шашынды күндері аяққиім шақ келмейді. Көшеде жарық жоқ, қыста тас қараңғы. Жас баламен алдарынан шыға алмаймын. Қаңғыған иттен де, адамнан да қорқатын заман, – дейді 9 баланың анасы Эльвира Рахымбаева.

Қазақстандық тұрғындардың әңгімесіне қаныққан соң, ауылдық әкімдікке атбасын бұрдым. Онда Қазақстан ауылдық округі әкімінің орынбасары Марат Қанаев сусыз тіршіліктің себеп-салдарын былайша тарқатты:

– Қазақстан, Ащыбұлақ ауылы бойынша ауызсуға жобалық-сметалық құжаттама биыл сараптамадан өтті. Облыстың екіге бөлінуіне байланысты қаражат жетіспеушілігінен келер жылға жоспарланып отыр. Ал Қазақстан ауылында сонау кеңестік дәуірде салынған су ұңғымасын иелікке алған СПК «Мөлдір бұлақ» ауыл тұрғындарын қамтамасыз ету мақсатында тәулігіне 1 жарым сағат су жібереді. Бұрын резервуарға су өз бетінше жиналатын болса, қазір бір сорғының көмегімен күні бойы жиналады. Соны кешкілік уақытта тұрғындарға таратады. Ал жаңа құрылысқа су құбыры тартылмаған. Шаруа қожалығының жері болғандықтан заңды құжаттар жасалмаған. Өткен жылы көшелерге тас төселді, енді су құбыры жүргізілсе, асфальталатын болады. Ауылда 2 қабатты 12 тұрғын үй бар. Олардың орталық жылыту жүйесі жоқ. Отты өздері жағады. Алдағы жылы ауылымызда су мәселесі түбегейлі шешіліп қалар деген үміттеміз, – деді.

Осы округке қарасты Жүнісбай Қайыпов атындағы ауыл тұрғыны Мейіржан Салманбеков 2008 жылы жер алуға 356 боп кезекке тұрғанымен, одан бергі 14 жылда бір елі ілгерлемегеніне қапалы. Осы мұңын арқалап ауыл әкімдігіне келіпті.

– Ол кезде бойдақ едім. Үйленбес бұрын жер алып, үй салуды ойлағанмын. Бірақ кезегім жылжитын түрі жоқ. Содан үйленіп, бүгінде 4 баланың әкесі атандым, әлі күнге пәтер жағалап жүрмін. Жасым 40-тан асты. Енді қашан жер алып, үй саламын? – деген уайымын ақтарды.

Ал жанындағы серіктесі Нұрбол Саяқов ауылдық амбулатория мен «Қазпошта» бөлімшесінің құлағалы тұрғанын жеткізді. Округ орталығынан таяқ тастам жердегі Қайыпов атындағы ауылға демде жетіп бардық. 3 мыңға таяу тұрғынның денсаулығын қадағалап, басы ауырып, балтыры сыздағанға медициналық көмек көрсететін ауылдық амбулаторияның күйі көңіл құлазытты. Іргесі 1958 жылы қаланған ғимараттың сау-тамтығы қалмаған. Бар-жоғы 72 шаршы метрлік аядай 4 бөлмеде 1 жалпы тәжірибелік дәрігер мен 6 мейірбике тіркеуде тұрған тұрғындарға қызмет көрсетеді екен.

– Бұл – бұрын балабақша болған ғимарат. Сенсеңіз, мен осында балабақшаға келгенмін. Енді осы жерде еңбек етіп, зейнет жасына шығуым да ықтимал. Себебі, амбулаторияға жер бөлінгенімен, құрылыстың басталар түрі жоқ. Құрғақ уәде, бос сөзден жүрек айнитын жағдайға жеттік. Ауылға жаны ашитын адам көрмедік, – дейді аға мейірбике Қарлығаш Кеңесбаева.

Ауылдағы «Қазпошта» филиалы қызметкерлерінің де айтқаны дәл осы. Терезесі целлофанмен қапталған ғимаратта тыныстайтын ауа жоқ. Қыста пеш жағады. Едені шұрық-тесік. Соған қарамастан пошта меңгерушісі Кенжеш Сарбасова мен пошташы Бақыт Мереке тұтынушыларға тұрақты қызмет көрсетеді.

Ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Әділбек Көпшілбаев та Үкіметтен үміт үзген сыңайлы.

– «Уәде – Құдай сөзі» деуші еді, биліктегілердің барлығы Құдайдан безгендер ме? Халықты қашанғы зар жылатады? Ауылдың тұрмысы қашан түзеледі? Қаңқасы қалған клубта мал жайылып жүр, интернет деген мүлдем жоқ. Оның мұнарасын қою үшін қыруар қаржы керек көрінеді. Жайылым жоқтың қасы. Жылдан-жылға тозып барамыз», – деген ащы запыранын ақтарып салды.

Қазақстан ауылдық округі тұрғындарының мұң-зары, ұсыныс-тілегі назарға алынып, толып жатқан мәселенің түйіні біртіндеп тарқай бастаса «менің де жүзім жарқын болар еді-ау» деген үміт көмейіме тығылды. Тағы да ай аунап, жыл жылжып, көптің тілегі көлеңкеде қалмаса жарар еді?!

Еңбекшіқазақ ауданы
Алматы облысы

ДАЛА КҮНІ

Тақырға түйін тастаған

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қант өндірісін қайта жаңғырту тапсырмасын орындау аясында аталған партия «Жаңа Қазақстан – жаңа ауыл» бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Оның мақсаты – еліміздің оңтүстік-шығыс өңіріндегі дикандарға суды үнемдеу технологиясын игерту арқылы, бүгінде нарықта тапшы бола бастаған қант өндірісін қайта өркендетуге серпін беру.

Қажет АНДАС

Осыған орай, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының ұйымдастыруымен Кербұлақ ауданындағы «Қызылшоқы» шаруа қожалығының қызылша алқабында «Қант қызылшасын өсірудің дәндік технологиясы» тақырыбында дала күні өтті.

Кейінгі жылдары қант қызылшасын өсіруді ұлғайту мақсатында көп ұмтылыс болғанымен жұмыс жүйеленбей келеді. Өйткені қант қызылшасын мол өсіру үшін ең алдымен су тапшылығын шешу керек. Жыл сайын өзен-көлдегі су мөлшерінің азаюы мен құрғақшылық дикандарды титықтатып жіберді. Сондай-ақ, қант қызылшасын өсірушілерге демеуқаржы бөлу, жаңа технологияны қолдану, тұқым, тыңайтқыш тапшылығы тұрғысындағы мәселелер де шаш етектен. Десе де арамызда заманауи технологияны үйлесімді пайдаланып, мол өнім алуға қадам жасаған азаматтар да көбеюде. Соның бірі «Қызылшоқы» шаруа қожалығы.

– Осы шаруашылықты 2016 жылдан басқарып келемін. Өткен жылы лизинг арқылы 12 жаңбырлатқыш, 5 барабанды машина сатып алып, көктемнен бастап, қант қызылшасын өсіруді бастадық. Бүгінде шаруашылыққа тиесілі 11 мың гектар алқаптың 314 гектарына қант қызылшасын, қалғанына жүгері, жаздық бидай, көпжылдық шөп, тағы басқа дақыл септік. Салыстырмалы түрде айтсақ, басқа дақылдарға қарағанда қант қызылшасынан көбірек кіріс кіргізуге болады. Алайда, оны баладай баптап өсіруге тура келеді. Шаруашылықта жұмыс істейтін 85 адамның 24-і осы мақсатта күні-түні тынбай еңбек етіп жүр, – дейді «Қызылшоқы» шаруа қожалығының жетекшісі Алдан Бекеев.

Сары топырағы бұрқыраған қағыр далада қант қызылшасын өсірген қожалықтың жетістігі мақтауға тұрарлық. Олар алқапты жер астынан тартылған сумен жаңбырлатып суару технологиясын әбден меңгеріп алыпты. Нұр-Сұлтан қаласы мен Павлодар, Жамбыл, Жетісу облысынан келген партия өкілдері мен шаруалар бұл игілікті көріп, таңдай қағысты.

Қант қызылшасын өсіруде агротехниканың орны ерекше. Бірақ көптеген шаруашылықтың қолда бар техникасы ескірген. Осыған орай, егіс алқабының басына бірнеше компания жаңа тиіптегі ауыл шаруашылығы техникасын тізіп қойып, шаруаларға қолдану тәсілі мен мүмкіндігін, сатып алудың тиімді жолдарын түсіндірді. Алайда мұны сатып алу кез келген фермердің қалтасы көтермейді. Бұл да егіс алқабын кеңейтуге кедергі келтіріп отыр. Сондай-ақ, үнемді суару жүйесімен қатар тұқым, тыңайтқыш пен гербицидтердің бағасын арзандатуға да мән беру керек. Ғылыми-инновациялық жобаларды да қолдауды назардан шығармаған жөн.

ҚР Ауыл шаруашылық министрінің кеңесшісі Төлеухан Нұрқиянов осы бағытта арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірленіп, қант қызылшасын өсіретін қожалықтарға берілетін демеуқаржыны бөлудің ұтымды жолы қарастырылып жатқанын жеткізді.

Алайда, бұл биыл іске аспайтын көрінеді. Сондықтан мемлекеттік демеуқаржы мен арзан несие мәселесі бәрібір өзекті болып қала бермек.

Кербұлақ ауданы
Жетісу облысы



ДЕНСАУЛЫҚ

Уақыт талабына сай



Биыл Кеген ауданындағы денсаулық саласы үшін жақсы жыл болып тұр. Ұзақ жылғы арман орындалып жатыр. Алмас Тілеулиевтей білікті дәрігер басқаратын денсаулық саласында 28 емдеу мекемесі бар. 1 аудандық, 2 ауылдық аурухана жұмыс істейді. Мұның сыртында 9 дәрігерлік амбулатория, 5 ФАП, 11 медициналық пункт бар. Өңірде 62 дәрігер, 285 орта буын медицина қызметкерлері еңбек етеді.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Осыдан 6 жыл бұрын 250 орынды жаңа емхана салынып, игілікке айналды. Биыл ұзақ жылдан айтылып келе жатқан, халықтың орынды ұсыныс-тілегі орындалып, аудандық ауруханаға ғимараты күрделі жөндеуден өткізілуде. Уақыт талабына сай жаңғырып келе жатқан ғимараттың жайы қуандырмай қоймайды. Бұдан бөлек, Жаланаш ауылдық ауруханасының ескі ғимараты да күрделі жөндеуден өтуде. Мұндай жақсылық Алғабас ауылдық дәрігерлік амбулаториясына да тән. Аталған ғимарат та уақыт талабына сай жаңғырып, жайнап келеді. Тағы бір үлкен қуаныш бар. Қарқара ауылынан фельдшерлік-акушерлік пункттің жаңа ғимараты салынып, ел игілігіне айналар сәті алыс емес. Құрылыс жұмысы бітуге таяу. Бұл да ауыл тұрғындарын үлкен қуанышқа кенелтіп отыр.

Кеген ауданы
Алматы облысы

ҚҰРЫЛЫС

Нарынқол ауылы шын мәнінде құрылыс алаңына айналды. Жүзден аса жаңа тұрғын әрі қызметтік үй тұрғызылды. Жаңадан халыққа қызмет көрсету орталығы, аудандық прокуратура ғимараты салынды.

Алдағы уақытта Нарынқол ауылы мұрағат ғимаратымен сән-салтанатын асыра түсетін болады. Аудан әкімі Нұржан Құдайбергенов әрдайым ауылда салынып жатқан құрылыс нысандарының жайын көріп, сеніктестік жетекшілерімен жүздесіп, жұмыстың кестеге сай жүргізілуін бақылап отырады. Биыл Нарынқол ауылында аудандық өрт сөндіру бекетінің жаңа ғимараты бой көтерді. Аумағы 787 шаршы метр жерді алып жатқан нысан құрылысын «Дәулет Серпін» ЖШС-нің құрылысшылары мен мамандары жүргізуде. Жоспар бойынша бұл ғимарат жылдың аяғына дейін пайдалануға берілуге тиіс. Оның сыртында Нарынқол ауылдық әкімдігінің ғимараты салынуда. Екі қабатты, барлық жағдайы қарастырылған әкімдік ғимаратында мемлекеттік қызметкерлердің қолайлы жұмыс істеуіне мол мүмкіндік туады. Құрылыс жұмыстарын «GOLDEN SITY DS» ЖШС-нің құрылысшылары қолына алған. Жұмыс қарқыны жаман емес. Бұл әкімдік ғимараты жылдың аяғында пайдаланылуға берілмек.

Жұмыс қарқынды

Қ. САТЫБАЛДЫ

Райымбек ауданы
Алматы облысы

ӨСІМДІК ҚОРҒАУ

Саяқ шегіртке сан соқтырмасын

Биылғы көктемнің толассыз жаңбырынан өріс пен егіндік шығымы жақсы. Алайда кейбір берекелі жылдары шаруалар өсімдікке қауіпті жәндіктердің кесірінен шығынға ұшырайтыны белгілі. Мұның алдын алу шаралары Жамбыл ауданында жоспарлы жүргізіледі.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Зиянды жәндіктің бірі – шегіртке. Көзге елеусіз болғанымен, егінге, мал өрісіне қаптаса, тып-типыл етеді. Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдау әдістемелік орталығының Жамбыл аудандық филиалы оның қаупі кейбір аймақта пайда болғанын анықтады. Мекеменің зерттеу қорытындысына сәйкес, Ақтерек ауылында 1380 гектар, Сарытауқұм ауылында 500 гектар жерде Саяқ шегіртке көбейгені белгілі болып, оған қарсы дәрі шашу жұмыстары жүргізілді. Аталған шара аудан әкімінің арнайы қаулысымен бекітіліп, жоспар бойынша орындалды. Бұл туралы тиісті ауылдардың тұрғындарына және шаруа қожалық иелеріне алдын ала хабарланып, түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

«Шегірткелердің ішінде аса қауіптісі – италиялық, азиялық және жергілікті Саяқ түрі. Біздің ауданда жергілікті Саяқ шегіртке көп тарайды. Олар бір шаршы метр жерге 3-5-тен келсе қалыпты жағдай, ал 8-10 шегіртқеден асып кетсе, аса қауіпті болып саналады. Зиянкес көп шоғырланған жерге дұрыстап дәрі шашпаса сан соқтырады. Дәрілеу жұмыстары арнайы ұшақпен жүргізілді. Дәрі шашылған аумақта 15 күнге дейін мал бағуға, шөп шабуға болмайтынын ескерттік», – дейді аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы Қайрат Тойшыбеков.

Жамбыл ауданы
Алматы облысы

18 tamyz

2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№93 (19088)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН



Премьер Министр Әлихан СМАЙЫЛОВТЫҢ төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің 7 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды.

Сонымен қатар, жаңа оқу жылына дайындық мәселелері пысықталды. Жиында өзге өңірлермен қатар Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев та жаңа оқу жылына өңір мектептерінің дайындығы жайында баяндады.

Үкімет басшысы экономиканы одан әрі әртараптандыру, инвестициялық жобаларды іске асыру және жұмыс орындарын құруды жалғастыру керектігін тілге тиек етті. Оған қоса инфляцияны тежеу үшін қажетті құралдар бар, мемлекеттік органдар мен әкімдіктер оларды тиімді пайдалануы тиіс екенін де айтты. Ішкі нарықты жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету бойынша да нақты тапсырмалар берді.

(Соңы 2-бетте)

ГАЗДАНДЫРУ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Көксу ауданына жұмыс сапарымен барғанда Мұқыры ауылының тұрғындары елдімекенді газдандыруға қатысты өтініш айтқан еді.

Тұрғындар қуанышы еселенді

Қажет АНДАС

Сол жолы аймақ басшысы мәселені жан-жақты қарастырып, жыл соңына дейін тұрғындар талабын орындауға уәде берген болатын.

Міне, сол уәде ертерек орындалып, алғашқы болып Мұқыры ауылы, Жамбыл көшесіндегі 20 үй табиғи газ желісіне қосылды. Тарихи сәтке Жетісу облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Ернат Дүйсенбекұлы, Көксу ауданының әкімі Марлен Көлбаев және ауыл тұрғындары куә болды.

Жалпы, Көксу ауданындағы 34 елдімекеннің 28-і газдандырылуға жатады. Бүгінде Балпық би кенті газдандырылса, 4 елдімекенге газ тарату желісі салынды. Нәтижесінде 20503 адам немесе тұрғындардың 43,7 пайызы пештің күлін шығарудан құтылып, табиғи газға қол жеткізді. Дегенмен, әлі де тынымсыз еңбектенуге тура келеді. Ауданда 2020-2022 жылдардың жоспары бойынша 8 елдімекенді газдандыруға байланысты бюджеттен қомақты қаржы қарастырылып, жұмыс нәтижелі атқарылуда. Ал 12 елдімекенге газ тарату желісінің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Жобаның құны 154,3 млн. теңгені құрайды. Құрылыс жұмысы 2023-2024 жылдарға жоспарланған. Қазіргі уақытта Мұқыры ауылындағы тұрғын үйлерді табиғи газға қосу жұмысы басталды. Алдағы уақытта газ құбырының ұзындығы 30 шақырымды құрайтын 600-ден астам абонент газ желісіне қосылып, талай жанның қуанышы еселенбек.



(Соңы 2-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысының әкімі Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің жаңа басшысы Құлмұханбет ИСАКОВТЫ таныстырды. Жиынға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кірістер комитеті төрағасының орынбасары Бақытжан СЛЯМОВ қатысты.

Департаментке жаңа басшы келді

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Марат Елеусізұлы қызметке жаңа тағайындалған басшының алдағы жұмысына сәттілік тілеп, құттықтады. Сонымен бірге облыс әкімі Қ. Исаковтың облыс экономикасымен жақсы таныс екенін, ендігі кезекте ұжыммен бірлесе отырып, аймақты өркендетуге күш салып, жұмыс атқаруға және жаңадан құрылған облысқа серпін беріп, қаланы дамытуға күш салу қажет екенін айтып, міндеттер жүктеді. Бұған қоса, инвестиция тартуға күш салудың маңыздылығы және оларға барынша жағдай жасап, тығыз қарым-қатынаста тіл табыса, жұмыс атқару қажет екені жан-жақты сөз болды. Осы орайда, бүгінде жаңа облысқа қызығушылық танытып отырған инвесторлардың аз еместігі, осыны пайдаланып, олардың жұмыс істеуіне барынша мүмкіндік туғызу керек екені айтылды.

Бұдан кейінгі сөз Бақытжан Оразғалиұлына берілді. Ол Құлмұханбет Мырзахметұлының еңбек жолын сөз етіп, оның тәжірибелі маман екеніне тоқталды.

Өз кезегінде Құлмұханбет Мырзахметұлы үлкен сенім артқан азаматтарға алғыс білдіре отырып, ендігі кезекте сол сенім үдесінен шығу бағытында адал қызмет атқаруға күш жұмсайтынын жеткізді.

ӨРЛЕУ

Жетісу облыстық кәсіпкерлер палатасында Халық банк өкілдерімен кездесу өтті. Онда 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде бизнестің қаржыландырылатыны айтылды.

БИЗНЕС қаржыландырылады

Жиында белгілі болғандай, аталған бағдарламаның бірінші бағыты бойынша биылғы қыркүйек айына облыс бойынша 700 млн. теңге бөлінді. Субсидиялау және кепілдік беру сауда қызметі (тамақ өнімдерін сатуға жол беріледі), сондай-ақ ломбардтардың, микроқаржы ұйымдарының және лизингтік компаниялардың қызметі алып тасталған салалық шектеулерсіз жүзеге асырылады.

Соңғы қарыз алушы үшін Қонаев және Талдықорған қалаларындағы мөлшерлеме 6 пайызды құрайды. Моно және шағын қалаларда, ауылдық елдімекендерде соңғы қарыз алушы үшін мөлшерлеме – 5 пайыз. Инвестицияны мақсатты жұмсау және айналым қаражатын толықтыру бағытында несие қарастырылады. Несиелеу мерзімі – 5 жыл. Айлық қаражатын толықтыру – 24 ай. Несие сомасы 20 млн. теңгеге дейін, айлық қаражатын толықтыру 5 млн. теңгеге дейін.

Кепілсіз несие алу үшін онлайн өтінім беруге болады. Кәсіпкер ЖК, ШҚ, ЖШС (шағын және орта бизнеске қатысты) ретінде кемінде 6 ай тіркелуі, сондай-ақ салық органдарының есептерінде көрсетілген ресми кірісі болуға тиіс. Несиені мақұлдау үшін клиенттің несие тарихы да маңызды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Жетісу облысы

ХАЛЫҚ САУАЛЫ

ҚАРАТАЛДЫҢ ЖОЛДАРЫ қашанғы «жыр» болады?

Қазіргі таңда аудан жұртшылығын алаңдататын мәселенің бірі – көше жолдары. Халықтың шағымға толы сауалы осы жол мәселесіне қатысты.



Н. Алдабергенов көшесі



Ю. Гагарин көшесі

Жалпы, жыл сайын жолға жөндеу жұмыстары жасалып, кейбір көшелерге асфальт төселіп, тротуарлар жаңарып жатады. Қанша жөнделіп жатқанымен, көпшіліктің көңілі тола қоймайды. Яғни, көшелердегі шұңқырлар мен аяғына дейін бітпеген жұмыстар елдің назарын аударатыны анық.

Мәселен, асфальт төселгеніне көп уақыт өте қоймаған Ю. Гагарин көшесін жөндеуден өтті деп айта алмасымыз анық. Бүгінде асфальты ойылып кеткен көше бойы адам көргісіз. Сондай-ақ, Н. Алдабергенов көшесіне 2020 жылы жаңа асфальт төселіп, тротуарлар жасала бастаған. Алайда, аяқсыз қалғанына екі жыл өтті. «Жалпы, ауданымыздағы қай көшені алсақ та жағдайы мәз емес, бұл мәселені қадағалайтын мамандардың болмағаны ма? – дейді халық.

Сондай-ақ, халық көлік жүргізушілерінің жол жүру ережелерін сақтамайтынына наразы. Ауданда жаяу жүргінші белгісіне назар аудармайтын жүргізушілер өте көп. «Жаңа оқу жылы басталса балаларды мектепке жалғыз жіберуге қорқамыз. Жолдан өте алар ма екен деп алаңдаймыз», – дейді ата-аналар.

Жуырда ауданымызға жұмыс сапарымен Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев келіп, аудан халқымен кездескен болатын. Жол мәселесіне қатысты халықтың наразылығын естіген Бейбіт Өксікбайұлы аудан әкімі Ерлан Исабековке жол жөндеу жұмыстарын қадағалаумен қатар, міндеттемелердің толық орындалуын талап етті. Олқылықтар түзетіліп, аудан көшелері көпшілік көңілінен шығатын күн алда деп үміттенеміз.

Альфита ОРАЗБЕККЫЗЫ
Қаратал ауданы
Жетісу облысы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

3
20.08.2022

МӘСЕЛЕ



Малшыға сұраныс көп

Жетісу жерінде мал басы өсіп жатыр. Бірақ малшы іздегендердің қарасы көп. Мұндай жарнама басылым беттерінде, әлеуметтік желілерде толып тұр. Оны қойшы, Талдықорған қаласының орталығындағы «Арбат» демалыс орнына барсаңыз, демалыс күні малшы іздегендерді жиі кездестіресіз.

Қажет АНДАС

Малшы жайлы сөз болса, елдің бәрі меценат Бауыржан Оспановтың жылқышы мен сауыншыға, шопандарға қалай жағдай жасап отырғанын әңгімелей бастайды. Расында әр жылқы басына 1300 теңгеден еңбекақы төлеп отырған шаруашылықта жылқышылардың бар жағдайы жасалған. Осы мақсатта малшылардың жатақханасы салынып, жуынатын ыстық-суық суын дайындап, әжетхана, кинотеатр, кітапхана, кір-қоң жуатын орындарын заман талабына сай жабдықтап тастаған. Мұнан бөлек, бір үйірде төрт жылқышы болса, олар кезектесіп вахта тәртібі бойынша бағады. Он бес күн бағып, он бес күн демалады. Әрі өздеріне де 100 басқа дейін жылқыларын өсіруге рұқсат берілген. Жемшөп, барлығы шаруашылық есебінен қарастырылып, шаруашылық есебінен тегін асылдандырылады. Бір үйірде 500-800 бас жылқы болса, әр басына 1300 теңгеден шаққандағы табысты төрт жылқышыға бөліп көріңіз. Жыл соңына қарай әр жылқыға 1500 теңгеден, ал келесі жылы жылқы басына 2000 теңгеден төлемек. Осыған орай, малшының да жағдайы жақсара түседі.

Малмен айналысатын барлық шаруашылық өз жұмысшыларына мұндай жағдай жасап бере алмайды. Өйткені, ол – қаржымен есептеледі. Мал басын өсіре ме, малшыға жалақы төлей ме, оның жағдайына қарайласа ма, қиындық шаш етектен. Жалпы, мал өсіру қиындығы көп кәсіп. Алайда әуресі көп екен деп атакәсіптен аулақ кетуге болмайды. Оны қойшы, ет жемесе түсіне кіретін қазақ үшін малдың маңыздылығы да басым. Шетелдерге ет экспорттаймыз деп жасалған талай келісімнің куәсі болдық. Орындалғанын көрмедік. Өкінішке қарай, өзіміз сол шетелдіктер дайындаған етке тәуелді болып барамыз. Мұның түпкілікті себебі – малшының тапшылығы.

Малшы тапшылығын туындатып отырған бірінші мәселе – кәсіби біліктіліктің жоқтығы. «Австралияда қойды ұшақпен бағады екен» деген дақпыртты естігенімізге біраз жыл болды. Расында қазір асыл тұқымды малдың төлін солардан сатып алып, аспанмен жеткізіп, жерсіндіріп жатырмыз. Бірақ сол асыл тұқымды малды асылдандырып, оның игілігін көру үшін де малшы білікті болуы керек. Алайда, біз дәстүрлі мал шаруашылығынан алыстай алмай қойдық. Сондықтан білімді де білікті малшы дайындайтын, орта білім беретін мекеме бағдарламасын қайта қарап, осы мамандық иелеріне қолдау көрсетілуі керек. Жастарды соған бағыттаған жөн. Осы арқылы кабинетте отырып, малдың жайын біліп, ұшақпен жүріп мал қайыратын малшылар буынын қалыптастыруға болады.

Ауыл және мал шаруашылығы жайлы сөз болса: «Мемлекет барынша қолдау көрсетіп жатыр», – деп ауыз аштырмайтындар жетеді. Оны жоққа шығармаймыз. Қазір елімізде ауыл шаруашылығына 350 млрд. теңге демеуқаржы беріледі екен. Оның 150 млрд. теңгесі инвестициялық бағытқа, 200 млрд. теңгенің жартысынан көбі егіншілікке, қалғаны мал шаруашылығына тиесілі. Өкінішке қарай, демеуқаржының көлемі өскенімен, мал шаруашылығының өнімділігі өскен жоқ.

Демеуқаржының төңірегінде былық көп. Жалған құжат, жасырын жолмен қаржыны жымқыру тыйылатын емес. Мәселен, өткен жылы 16 мың гектарға қант қызылшасы себілді дегенмен, анығында, 8 мың гектардан ғана өнім алынған. Демеуқаржы 16 мың гектарға берілгені бесенеден белгілі. Нәтижесінде, қант таппай сандалып жүрміз. Мал шаруашылығында да осы жағдай. Өтірік есеп, жең ұшынан жалғасқан ағайындықтың салдарынан шаруалар демеуқаржыға қол жеткізе алмай, қаражаты болмағасын малшысын жарылқай алмай, шаруашылығын тұралатып отыр.

Біздің ойымызша, демеуқаржы дегенді алып тастап, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге төмен пайызбен, ұзақ жылға несие беріліп, өндірген өнімін сатқаннан кейінгі кірісі арқылы төлейтін жағдай жасау керек. Бұл – Қытай елінде дәлелденген тәжірибе. Олар осы тәсіл арқылы өздерінің бір жарым миллиард халқын асыраумен қатар, жарты әлемді ет-сүт, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыр. Осы жол ғана ұрлықтың алдын алады және малшы тапшылығын жояды.

Жетісу облысы

ӨЗЕКТІ

ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ЖЕРЛЕР қайтарылуда



Облысымыздағы таулы өлкеге қоныстанған ағайынның жолыға кетсең айтатын әңгімесі, кездесе қалсаң тілге тиек ететіні – жердің дауы, мал басының көбеюіне байланысты жетпей жатқан шабындық немесе жайылымдық жердің мәселесі. Бұл жағдай Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев екі ауданға жұмыс бабымен келген кезде де аз айтылған жоқ. Жұртты толғантып отырған осы мәселе бойынша Кеген аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Бауыржан Садықовқа жолығып, бірсыпыра жайларға қанық болдық.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Үстіміздегі жылы Кеген ауданы бойынша өз мақсатына пайдаланылмай жатқан 11 783 гектар жердің бары анықталыпты. Атап айтқанда, 6000 гектар егістік, 257 гектар шабындық және 5526 гектар жайылымдық жерге қатысты нақты шара қолдану үшін Алматы облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне хат жолданыпты. Мұның сыртында Кеген ауданы әкімінің қарамағындағы жерді өз мақсатында пайдаланбай келе жатқан жекелеген жерге қатысты пайдаланушылармен келіссөздер жүргізуінің нәтижесінде Кеген ауылдық округіне қарасты «Өсімдік», Алғабас ауылдық округіне қарасты «Кеген-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің пайдаланылмай отырған жерлері анықталып, ауданның арнайы жер қорына алынды.

Кеген ауданының әкімдігі ауыл тұрғындарының жайылымдық жерлерге деген сұранысын қанағаттандыру мақсатында елдімекендердің маңынан 34 753 гектар, алыста орналасқан жайылымдық жерлер үшін 19 486 гектар жайылымдық жер учаскелері белгіленіп, жерге орналастыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Аудан аумағындағы ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге түгендеу, тексеру жұмыстарын жүргізу үшін жұмыс тобы құрылып, жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде барлығы 7523,0 гектар жайылымдық жер анықталып, қазіргі таңда мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару мақсатында құжаттары сотқа жолдануда.

Мұның сыртында Қазақстан Республикасының «Жер Кодексінің» 43-1 бабы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша 2022 жылы 31 мамырда ауданда конкурс өткізіліп, 50 лот бойынша барлығы 455 гектар жер беріліпті. Алдағы уақытта конкурс бойынша 57 лотпен жалпы көлемі 2723 гектар жер, оның ішінде 22 гектар егістік, 313 гектар шабындық, 2388 гектар ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер ақпарат құралдарында жарияланады. Аудандағы шабындық, жайылымдық жерлерге қолы жетпей жүрген тұрғындар бұл мәселеден тұрақты хабардар болып отырғаны абзал.

Кеген ауданы
Алматы облысы

КӨКЕЙКЕСТІ

Қазіргідей технологиялық даму қарқынға ие болған тұста ертеден келе жатқан қылмысқа тоқтам болмай тұр. Жақында Жетісу облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі жыл басынан бері өңірде қолды болған 361 бас малды тәртіп сақшылары иелеріне тауып бергенін айтып, сүйінші сұрады. Дұрыс-ақ.

Мал ұрлығы тоқтар емес

Мәди АЛЖАНБАЙ

Биыл тіркелген 91 мал ұрлығы кезінде ұрлар 500-ден астам тұяқты малды әкеткен. Атап айтқанда, 140-тан астам жылқы, 56 ірі қара, 314 қой-ешкі қолды болған. Соның 361-ін тәртіп сақшылары іздеп, тауып, иелеріне қайтарыпты. Осының өзі үлкен жетістік екен. Себебі, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда едәуір төмен көрсеткіш.

– *Биыл мал ұрлығының ашылуы 77,4%-ке жақсарған. Сондай-ақ, полиция қызметкерлерінің күшімен мал ұрлығымен тұрақты айналысқан 5 қылмыстық топ қолға түскенін баса айтқым келеді,* – деген облыстық полиция департаменті басшысының орынбасары Елдар Әбдікенов мал ұрлығымен айналысқандардың кім екенін атап өтті. – *Ондай топтардың қатарын бұған дейін жылқы ұрлағаны үшін істі болғандар құраған. Бүгінгі күні олардың 70 жылқы ұрлығына қатысы бар екендігі дәлелденді. Осынша қылқұйрықтың 60-сы табылып, иелеріне қайтарылды.*

Осыған орай өңірде мал және ет өнімдерін тасымалдаумен айналысу бағытындағы заңбұзушылықтарды анықтау жұмысы іске қосылып, көптеген кемшіліктер белгілі болды. Мысалы, нақты құжаты жоқ малды тасымалдау бойынша 98 құқықбұзушылық анықталды. Осы деректер бойынша құны 3 009397 теңге болатын әкімшілік айыппұл материалдары облыстық ветеринарлық қызмет бөлімдеріне жолданды. Сол себепті мал және ет өнімдерін саудалап, сатумен айналысатын орындар қатаң бақылауға алынып отыр.

Мамандардың айтуынша, мал ұрлығы көбіне тұрғындардың мал жаю тәртібін ескере бермейтіндігінен орын алады. Яғни, қараусыз қалған төрт түлік ұры мен қасқырға оңай жем болады. Тұяқты жануарды еркіне жіберіп, дұрыс бақпаған 920 адамға малшылық жауапкершілікке немқұрайлы қарағаны үшін 1 750269 теңгенің айыппұлы салыныпты.

Міне, бүгінгі күннің басты міндеті осы. Малына дұрыс қарамағанға айыппұл салумен шектелу мал ұрлығы сынды аса қауіпті індетті жоюдың амалы. Одан өзге шараға бару қолдан келмейді.

Негізі ғасырлар бойы қазақпен бірге жасасқан барымта қазір басқаша сипат алған. Бұрынғы байлардың бүгінгі нұсқасында ұры да, ұр да жық та, тамыр-таныс та бар. Қажет болса бәсекелесінің малын бір түнде үптетіп, енді көтеріліп келе жатқан бақталасын таяқ ұстатып жіберуден тайынбайды. Ондайлар көрер көзге демеуші, жақсылыққа шақырушы, жылағанды жұбатушы міндетін оп-оңай атқара салады. Осыны жақсы білетін әрбір ауыл іштен тынып, «басқа түссе баспақшыл» болудан танбайды.

Бірақ адамзат тарихындағы ең тартысты тақырып – ескі мен жаңаның таласы толастамайды екен. Өскелең ұрпақ ондай өрескел әдетті жақтамай, әділдікті ту қылады. Жақында Панфилов ауданы, Қоңырөлең ауылының жастары сол маңдағы мал ұрлығын сап тыйыпты дегенді естідік. Сөйтсек, әбден мезі болған ауыл жастары бірлесіп, әрбір ұрымен жеке-жеке сөйлесіп, тәртіпке салған. Яғни, тәртіп сақшылары орната алмаған тәртіпті ауыл тұрғындары өздері орнатып, ауылдағы мал ұрлығын тамырынан құртыпты. Содан бері Алтынемел тауының етегінде жатқан байтақ өңірде мал басы өсіп, кесе-көлденең жүріс сап тыйылыпты.

Осыған қарап, мал ұрлығын болдырмаудың жолы ауыл азаматтарының белсенділігіне сену екендігін ұғынуға болады. Себебі, ауылының өскенін, өркендегенін қалайтын жан ондағы жамандыққа төзе алмақ емес.



25 tamyz

2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№96 (19091)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ



БІЛІМНІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ
келелі кеңесте айшықталды

Қонаев қаласындағы Мәдениет үйінде «Білімнің басты құндылықтары: отаншылдық, білімге құштарлық, еңбекқорлық» тақырыбында педагогтердің дәстүрлі тамыз кеңесі өтті. Пленарлық мәжіліске ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев арнайы қатысты.

Алма ЕСЕНБАЙ

Алғашқы болып сөз алған Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев биыл білім саласының бюджеті 274,7 млрд. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 34 млрд. теңгеге артқанын жеткізді.

Облыста 54 мектеп үш ауысымда жұмыс істейді. Ол барлық мектептің 12,7 пайызын құрайды. Сонымен қатар, білім ошақтарында 23273 оқушы орны тапшылығы бар. Оны жою мақсатында 2022-2025 жылдар аралығында 62 мектептің құрылысын салу жоспарланған. Биыл 20 білім беру нысаны салынуда, оның 12-сі қолданысқа берілмек. Аз қамтылған отбасынан шыққан 27765 бала мектеп формасы және оқуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтылуда. Демеушілер мен жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелер тарапынан жасалған көмектің арқасында 17019 оқушы мектепке толық даярлықпен бармақ.

Жаңа оқу жылында мектебі жоқ 37 елдімекеннен 3 мыңнан астам оқушы тасымалданып оқытылады. Мектептердің 80 пайызында ыстық тамақ ұйымдастырылған. Аз қамтылған отбасы жеткіншектері тегін ыстық тамақпен қамтылады.

(Соңы 2-бетте)

БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Алғашқы қоңырау соғылмай ма?

Биыл Райымбек ауданының аумағында Көмірші, Көксай орта мектебі және Сарыбастау ауылындағы С. Сауранбаев атындағы орта мектеп күрделі жөндеуден өткізіліп жатыр.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Көмірші, Көксай, С.Сауранбаев атындағы орта мектептерге жөндеу жұмыстары маусым айынан қолға алынған. Мұның бәрі Саят Үмбетәлиев басқаратын Райымбек аудандық білім бөлімінің тапсырысы бойынша жасалуда.

Біз тамыз айының соңғы күндерінің бірінде Көмірші ауылында іссапармен болдық. Бір-екі ғана көшесі бар шағын ауылда ең алдымен менмұндалап көрінетін мектеп ғимаратының бір бөлігінің шатыры әлі ауыстырыла қоймапты. Шын мәнінде, құрылыс материалдарынан аяқ алып жүргісіз мектеп ауласынан мектептің 1-2 қабатына әрең жол тауып шығып, жайын көрдік. Құрылыс жұмыстарын «Строительная компания ШАХ» ЖШС деп аталатын мердігер жүргізіп жатыр. Жалпы, күрделі жөндеу маусым айында басталыпты. Жоспар бойынша қыркүйек айында толығымен пайдалануға берілуге тиіс.

(Соңы 2-бетте)



Мейірім сыйлады

Балалар жылы 2022

Елімізде «Балалар жылы» аясында ауқымды жұмыстар жүзеге асырылуда. Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Бақанас ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру спорт кешенінде «Бар мейіріміміз балаларға» тақырыбында игі шара өтті.

Мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары арасында өткен шараға аудан әкімінің орынбасары Бөріхан Әбдібаев, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Гаухар Аманжолова, аудандық білім бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Динара Ақмолдаева қатысты.

Шараның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Бөріхан Нарынбетұлы бүлдіршіндерге жүрекжарды тілегін арнап, «Балалар жылы» аясында аудан бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Өз кезегінде саз мектебінен дәріс алып жүрген домбырашы балалар күмбірлете күй төксе, аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары шараның көрігін қыздырды.

Ерекше жаратылған балалар құм терапиясы, арт терапиясы, сонымен қатар, би терапиясы және түрлі-түсті бояулармен сурет салу, спорт сайыстарына қатысып, өз қабілеттерін көрсетті. Мейірім шуағына бөленген оқушылар мәре-сәре, шат-шадыман болып, көңіл күйлері бір көтеріліп қалды. Балалардың осындай қуанышты сәттеріне куә болған ата-аналар да ұйымдастырушылар тарапына ризашылық білдірді.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы
Алматы облысы

БРИФИНГ

Жылыту маусымына дайын

«Жаркент өңіріндегі мектеп пен балабақшалар қысқа дайын», – деп мәлімдеді БАҚ өкілдерімен кездесуде Панфилов ауданының басшысы Марат Сағымбек.

Оның айтуынша, Панфилов ауданында 42 мектеп пен 5 балабақша сұйық отын, 7 мектеп пен 6 балабақша қатты отын, 1 мектеп пен 1 балабақша орталықтандырылған қазандықпен жылытылады. Осы мекемелерге қажетті 1492862 литр дизель отыны толық жеткізілсе, қажетті 2199 тонна көмір қыркүйек-қазан айында әкелінбек.

Аудан орталығындағы Жамбыл және Х. Хамраев атындағы орта мектеп ғимаратын табиғи газға қосу жұмысының жобалық-сметалық құжаты әзірленіп, мемлекеттік сатып алу порталына хабарлама берілген. Қыркүйек айында газға қосылады деп күтілуде. Н. Крупская атындағы орта мектеп ғимаратын табиғи газға қосу үшін жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қажетті қаржы бөлінген.

Сұйық отынға арналған пештерге сервистік қызмет көрсетуге арналған тендерді ұтып алған «Новиком Тараз» ЖШС өкілдерімен келісім жасалып, олар 50 білім беру мекемесі, 13 мемлекеттік балабақшаның пешін тексеріп, тазартып, жөндеп, жылыту маусымына дайындап қойды. Қыс кезінде ақау шыққан пештерді жөндеп, іске қосу жұмысын да аталған компания атқарады.

Жаркент округіндегі Головацкий және Алмалы ауылындағы Елтінді батыр атындағы орта мектептің жылу қазандығын ауыстыруға 7,1 млн. теңге бөлінген. Жаркент өңірінде қысқа дайындық жұмысы қарқынды жүруде.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы
Жетісу облысы

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Игерілмей жатқан жер қанша?

Жетісу облысында бос жерлерді анықтау, тиімсіз пайдаланылған жерлерді есепке алып, мемлекет меншігіне қайтару ісі қарқынды жүргізілуде. Оның барысы, орын алған кемшіліктер, алдағы жоспарлар туралы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың төрағалығымен өткен жиында сөз болды.

Қажет АНДАС

Жалпы, Жетісу облысының аумағы – 11 млн. 800 мың гектар. Бұл жерде 18413 шаруашылық субъектісі өз кәсібін жүргізуде. Жетісу облысында пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді анықтау бойынша ведомствоаралық кіші топ құрылып, Жер кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, бақылау жүргізу 1 қаңтардан облыстық жер ресурстарын басқару департаментінің құзырына беріліпті. Осы комиссия жыл басынан бері облыстағы пайдаланылмай жатқан 857 мың гектар жайылымдық жерді, тиімсіз пайдаланып келген 13 мың 492 гектар егістік алқапты анықтаған. Айталық, Ақсу ауданында 219,4 мың, Алакөл ауданында 148 мың, Кербұлақ ауданында 132,8 мың, Панфилов ауданында 84,9 мың гектар жайылымдық жер пайдаға аспай келеді.

– Бұл ақпарат аудан, қала әкімдіктеріне жолданып, мемлекет меншігіне қайтару жұмысын жүргізу тапсырылған. Алайда аудандағылар жалған цифр, жаттанды есеп беріп, кейбірі өткен жылдары істелген жұмысты «биыл атқарылған» деп көрсетіп, жауапкершіліктен жалтарып, комиссия жұмысын тіптен қиындатып жіберген, – дейді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев.

Осы жерде аймақтық үйлестіру кеңесінде мақұлданып, инвестициялық жобалар үшін берілген жер телімдерінің игерілмей жатқаны да ойландырады. Бұл бағыттағы жұмыстар кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық



МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛҒАН ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕР

Жалпы ауданы 52,2 мың га

даму басқармасы мен аудан, қала әкімдерінің бақылауынан шығып, назарынан тыс қалған. Ешқандай талдау немесе мониторинг жүргізілмеген.

Жиында көтерілген мәселелер – біздің облыста ғана емес, еліміздің барлық өңірінде бар жағдай. Игерілмей жатқан жерді мемлекет иелігіне қайтарып, тұрғындардың қажеттілігі үшін жұмыс істету заң аясында жүргізілгені жөн. Әсіресе, ауыл маңындағы мал бағатын жайылымдық жерлердің мәселесін тез арада шешудің тиімді жолын табу керек.

Жиын соңында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтылған кемшілік пен түскен ұсыныстарды ескере отырып:

– Біріншіден, аудан, қала әкімдіктері облыстық жер ресурстарын басқару департаментімен бірлесіп, аэрофотосурет түсіру бойынша анықталған, игерілмей жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтаруы керек. Аудандар ауыл және мал шаруашылығына қажетті жерлерге мониторинг жүргізіп, тексеруге қажетті материалдарды жер қатынастары департаментіне тапсыруға тиіс. Инвестициялық жобаларға берілген жер телімдерінің мақсатты игерілуін қамтамасыз ету және мониторинг жүргізіп отыруды қадағалауды аудан, қала әкімдеріне тапсырамын. Ол жыл соңына дейін толық орындалуы керек, – деп қорытындылады.

Жетісу облысы

8 qyrkúıek
2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№101 (19096)
АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ
Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

#BIZBIRGEMIZ

КӨМЕК КЕРУЕНІ Қостанайға жол тартты

Қостанайда өрттен зардап шеккен жандарға жан-жақты көмек көрсетіліп жатқаны белгілі. Көмек керуені Алматы облысында да ұйымдастырылып, «Қостанаймен біргеміз!» деп ұрандатып, аудандардан асыға келіп жеткен көліктер легі Іле ауданының Чапай ауылындағы жол торабында тоғысты.

Алма ЕСЕНБАЙ



Өрттен зардап шеккендер үшін ең қажетті деген азық-түлік, көрпе, құрылыс заттары, мектеп құралдары жіберілді. Әр аудан мүмкіндігіне қарай қайырымдылық керуені-не өзіндік үлес қосты. Мәселен, Қонаев қаласы 10 тонна пияз, Үйғыр ауданы 10 тонна тауық өнімдерін, Еңбекшіқазақ ауданы 5 тонна алма, Балқаш ауданы 5 тонна күріш, Жамбыл ауданы 5 миллион теңгенің азық-түлігін жеткізді.

– Алматы облысы әкімінің қолдауымен ұйымдастырылған көмек керуеніне депутаттар, кәсіпкерлер, жекелеген адамдар атсалысты. Көпшіліктің қолдауымен 85 тонна шамасындағы 40 миллион теңгенің азық-түлігі, басқа да қажетті заттар жиналды. 10 адамнан тұратын еріктілер тобы көмек керуенімен Қостанайға барып қайтады, – деді Алматы облысынан Қостанай қаласына гуманитарлық көмек жіберу тобының үйлестірушісі Ерасыл Толымбекұлы.

Көмек керуеніне спортшылар да атсалысты. Іле ауданындағы С. Нұрмағамбетов атындағы спорт клубының бас бапкері, Алматы облыстық мәслихатының депутаты Нұрсұлтан Орынбасаров спортшылар мен ата-аналардың көмегімен оқушыларға арнап мектеп сөмкесі мен тұрмыстық қажетті заттарды жөнелтсе, Азия, әлем чемпионы, кәсіби боксшы Еділ Қожамбердиев мектеп формасы, оқуға қажетті құралдар мен 40 пар аяққиім қосқан.

Облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов те көпшілік ортасынан табылып, халқымыздың қиын-қыстау кезде көмек қолын созуға дайын тұратынын, кеңпейілділігін айтып, көмек керуеніне сәт сапар тіледі.

Осылайша, Іле ауданы Чапай ауылы аумағынан 5 «Фура» және 2 «ГАЗель» жүк көліктері Қостанай жеріне жол тартты.

Алматы облысы

КҮРЕТАМЫР

Алматы облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдерінің арасында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты облыстық байқау өтті. Байқауға Алматы мен Жетісу облысынан 19 үміткер қатысты.

Тіл мәртебесін көтерді

Жарыс үш кезеңнен тұрды. Бірінші «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды» кезеңінде әр қатысушы өз ауданын таныстырса, «Ел едік ерімен мақтанатын» атты сұрақ-жауап бөлімінде Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты екі сұрақтан қойылды. Шешуші кезеңде қатысушылар «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыбында шығарма жазып, олардың тілді меңгеруі мен жазу сауаттылығы тексерілді. Жарыс қорытындысы бойынша бас жүлдені Вячеслав Калинин (Кербұлақ ауданы), I орынды Зинура Қасымова (Райымбек ауданы), II орынды Саида Ахметова (Панфилов ауданы) және III орынды Вера Ушакова (Ақсу ауданы) иеленді. Жүлдегерлер мен байқауға қатысқан барлық үміткерлерге алғыс хат пен ақшалай сертификат табысталды. Оларды құттықтаған «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының басшысы Жеңіс Жолдыбаев қатысқан әр адамға алғысын білдіріп, дәл осы бағыттағы байқау алдағы уақытта тағы да өткізілетінін айтты.

Қали АСҚАР

ЖАЙДАРМАН

Көксу ауданы, Жарлыөзек ауылының әкімі Самат Ихсанов «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Үздік ауыл әкімі» байқауында жеңімпаз атанды. Ол өңір көшелерін абаттандырып, әр шаңырақтың әл-ауқатын арттыратын арнайы жоба құрастырды.



Әкімі жақсы қандай-ды

Айдар ҚАЛИЕВ

Ауылда үш бірдей жауапкершілігі шектеулі серіктестік бар. Атап айтсақ, «Балпық би», «Солтанбай батыр», «Қыдырәлі». Сонымен қатар, 264 шаруа қожалығы бар. Негізгі өндіретіндері – қант қызылшасы, соя мен жүгері.

Жетісу облысы бойынша қатысқан 4 бірдей ауылдық округ әкімдері арасында оза шапқан Самат Ихсанов – осы өңірдің төл перзенті. Сондықтан болар, өткен жылы сайлауға қатысқанда Жарлыөзек тұрғындарының 98 пайызы осы азаматқа дауыс берген. Сенім үдесінен шығатынына титтей де күмән келтірмеген. Осы күннен бастап ел сенімін ақтау, туған жерін түлету үшін барын салады. «Халқыма жақсылық жасау – мен үшін үлкен парыз» – дейді ауыл әкімі.

Дана халқымыз: «Арғымақтығыңды білгің келсе, ат баптаған ауылға бар, құлыныңнан көрмедік деп, сипамай жібермес жалыңды, ақылдылығыңды білгің келсе, азамат өсірген ауылға бар, атаңмен табақтас болмадық деп, сындыра қоймас сағыңды», – деп текке айтпаған. Әкімнің бүгінгі күнге дейін атқарған шаруасы ұшан-теңіз. Округте 3000-дай халық, 500-ден астам түтін бар. Жері шұрайлы, топырағы құнарлы елді мекен тұрғындары, негізінен, егіншілікпен айналысады.

(Соңы 2-бетте)

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

Дәуірдің жарық жұлдызы

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, Бақанас аграрлы-индустриалдық колледжінің студенттерімен «Дәуірдің жарық жұлдызы – Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында танымдық сабақ өтті.

Шараның мақсаты – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін болашақ жастарға насихаттау, шығармаларын сүйсініп оқуға шақыру. Сабақта А. Байтұрсынұлының өмір жолы, педагогикаға, публицистикаға, ағартушылыққа, аударма саласына қосқан зор үлесі туралы айтылды.

А. Байтұрсынұлының тағдыры қиын, бірақ кісі қызығарлықтай. Ғұмыры ащы арманға толы, алайда адамзатқа өнеге боларлықтай. Әдебиетімізді де, мәдениетімізді де дамытуда барын салған Ахмет Байтұрсынұлы ұлттың ұстазы болды. Халқының болашағын болжап, көзін ашып, көкірегін ояту-ға күш салған заманның заңғар тұлғасы – қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері.

Болашақ – жастардың қолында. Жастарымыздың тілге, елге деген құрметі биік болсын.

Толғанай НҰРАХАН,
«Тіл» оқу-әдістемелік орталығы
Балқаш аудандық филиалы
меңгерушісінің м.у.а
Алматы облысы

Ел мерейі

Биыл ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл. Осыған орай Жаркент қалалық кітапханасында «Тіл мерейі – ел мерейі» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Кездесуге қаладағы оқу орындарының студенттері, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Мерекелік сазды кеш мемлекеттік Гимнмен шымылдығын түрді. Өз кезегінде жергілікті әнші Айкерім Бақбергенқызы «Туған жер» әнін әуелетті.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың алғашқы әліппесін құрауы, халқымыздың төте жазудан латын әліпбиіне ауысу жолындағы еңбегі мен жалпы қызметі жөнінде бейнефильм көрсетілді.

Кездесуде Жаркент қалалық аналар қоғамының төрайымы, байырғы ұстаз Нағима Зурманбаева, аудандық жастар ресурстық орталығының маманы Ғабиден Меделбеков, осы кешті ұйымдастырушы, кітапханашы Сәуле Құрмашқызы сөз сөйлеп, елімізде мемлекеттік тіл мәртебесін арттыру бағытындағы ойларымен бөлісті. Студент жастарға өз тілін құрметтеу мен әлемдік қолданыстағы тілдерді меңгерудің маңызы жөнінде ақыл-кеңесін жеткізді.

Кездесу барысында Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің студенттері қазақ ақындарының ана тілі жайлы жазылған ойлы өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Жаркент қаласы
Жетісу облысы

МӘСЕЛЕ

Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылындағы «Агрохолдинг Ақсу» ЖШС тауарлы-сүт фермасындағы асыл тұқымды сиырлардың аяғынан жағдайы туралы журналист Сандуғаш Дүйсенова қозғаған мәселе әлеуметтік желі мен ел-жұрттың арасында қызу талқыланды. Осы істің анық-қанығын білу үшін аталған фермаға біз де барып қайттық.

Қажет АНДАС

Салғырттық сан соқтырмасын

Расында, инвестициялық құны 5 млрд. теңгеден астам қаржыға бағаланған жобаның ауқымы кең. Жоспар бойынша 2024 жылы мұндағы Данияда-н әкелінген «Jersey» асыл тұқымды сиыры 1300 басқа жетіп, облыстағы сүт өнімін өндіретін зауыттардың қажеттілігін қамтамасыз етуге көп көмегі тимекші. Кестеде көрсетілген ақпаратта компанияның материалдық-техникалық базасы кемелді. Қызылағаш ауылында мал азығын және жемшөп дайындауға арналған жердің 70 пайызы суландыру жүйесімен жабдықталған. Осыған қарағанда олардың әрқандай ірі инвестициялық жобаны дөңгелентіп әкетуге мүмкіндігі мол. Өкінішке қарай, тақтадағы цифр мен фермадағы сиырдың жағдайы мүлде басқаша.

(Соңы 3-бетте)



ІССАПАР

Облыс әкімінің орынбасары Арслан Дәндібаев Еңбекшіқазақ ауданына іссапармен барып, балық өсірумен айналысатын шаруашылықтардың жұмысымен танысты.

Балық өсіру – басты назарда

Болат МӘЖИТ

Ең алдымен ол Тескенсу ауылдық округіндегі «Halyk Balyk» ЖШС-на ат басын бұрды. Аталған шаруашылық кезінде көптеген табыстарға кенелген. Кейін қоғам өзгеріп, өндірістік қатынастар жеке меншікке айналған кезде, мұндағы басшылық қолдан-қолға өтті. Алғашқы иесінің кім болғаны қазір ешкімнің есінде жоқ. Соның салдарынан талай мүмкіндіктер игерілмей қалды. Енді бұл жұмысты «Halyk Balyk» ЖШС қолға алып отыр. Олардың өндірісті қайта өркендетеміз деген құлшыныстары көңіл қуантады. Десе де, кәсіпкерлерге қазір мемлекеттік қолдау ауадай қажет.

Аталған шаруашылықтың жалпы аумағы – 3221 гектар. Соның 1000 гектардан астамы су айдыны. Мұнда 30 тоған бар. Тоғандар жаздық және қыстық болып екіге бөлінеді. Шаруашылық ақ амур, сазан, бахтах, тұқы, дөңмаңдай және «Қызыл кітапқа» енген бекіре балықтарын өсірумен айналысады.

Облыс әкімінің орынбасары Арслан Момышұлы компанияның бүгінгі ахуалын жан-жақты саралады. Инкубациялық цехты, зертханалардағы жұмыс үдерістеріне көз салды. Мамандармен пікірлесті.

Шаруашылық директорының орынбасары Мейрамбек Пазылбековтың айтуынша, мұндағы басты мәселе – су тапшылығы. Бүгінгі таңда айдындар құрғап барады. Ащысай және Лавар өзендері арқылы келетін су жеткілікті мөлшерде емес. Өйткені, егіншілікпен айналысатын тұрғындарға да су керек.Сондықтан осы мәселе оң шешімін тапса деген ұсыныстар айтылды.



Бұдан кейін жұмыс тобы Қырбалтабай ауылдық округінде орналасқан «Қапшағай НВХ-1978» деп аталатын балық шаруашылығын аралады.

– 2018 жылы шаруашылықты сатып алдық. Күні бүгінге дейін қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргіздік. Қазіргі таңда екі тоғанды тазарттық. Бұл жұмыстарға 60 миллион теңге қаражат жұмсалды. Тағы да осындай 6 тоғанымыз бар. Олардың бәрін тазалауға қаражат жетіспей тұр. Сондықтан мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуін сұраймыз, – дейді шаруашылық директоры Абай Шәдибеков.

«Егер жоғарыда айтылған барлық тоғандар іске қосылса, жылына 300 тонна тауарлы балық пен 5 миллионға жуық шабақ өсіруге мүмкіндігіміз бар» дейді мамандар.

– Үкімет балық шаруашылығын дамытуға ден қойып отыр. Соның нәтижесінде 2021 жылы облыс бойынша жылына 6 мың тонна балық өсірілді. Биыл оны 8 мың тоннаға жеткіземіз деген жоспарымыз бар.

Бүгінгі сапарымыздың мақсаты – аймақтағы балық шаруашылықтарының жұмыстарын көзбен көріп, көңілге түйіп қайту болатын. Бұл жерде шешімін таппаған бірқатар мәселелер бар екен. Соларды назарға алып, тиісті орындарға жеткізетін боламыз, – дейді Алматы облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қанат Нүсіпбаев.

Балық шаруашылығының ертеңіне сеніммен қараған жөн. Себебі, мемлекеттен алатын көмектерін, беретін өнімдері арқылы еселеп қайтаруға қауқары болатыны болжанды. Олар ішкі тауар айналымына белсене қатысумен бірге, сыртқы экспортты да қамтамасыз етуге үлес қоспақ. Біз балықшы мамандардың ойпікірлерінен осыны аңғардық. Облыс әкімінің орынбасары Арслан Дәндібаев аталған саланың өркендеуі басты назарда болатынын айтты.

Еңбекшіқазақ ауданы
Алматы облысы

БРИФИНГ

Заңсыз шешім жарға жығады

Бұрындары жетістігі мен жақсылығын жұртқа жеткізу үшін жиі баратын «Қайнар-АКБ» ЖШС ғимаратына бұл жолы ауыр оймен кірдік. «Жетісу облысындағы жалғыз ірі кәсіпорын алаяқтық жолмен көп мөлшердегі салықты жасырды» деген жаманатқа ілінгелі өндірістің берекесі қашқан. Осының салдарынан шикізат тапшылығы туындап, негізсіз қылмыстық іс қозғау жұмысы да басталыпты. Ал кәсіпорын заңгерлері: «Барлық жұмысымыз заң шеңберінде жүріп келеді, бізге негізсіз айып тағылып отыр» деп өздерін қорғап әбігер. Бұл туралы аталған кәсіпорын базасында өткен брифингте айтылды.



Қажет АНДАС

Осы жылдың 27 сәуірінде «Қайнар-АКБ» ЖШС 26.04.2022 жылғы №МКД-05-02-11/7659 Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің серіктестікке қатысты жоспардан тыс салықтық тексеру жүргізуге ұйғарым шығару туралы алдын ала шешім қабылдаған.

Кәсіпорын заңгерлері бұл шешімді заңсыз деп санайды.

– «Қайнар-АКБ» ЖШС – 100 пайыз жекеменшік кәсіпорын. Құрылтайшылары осы мекемеде жұмыс атқарады. Өткен жылдың сәуір айында Алматы облыстық мемлекеттік кірістер департаменті кәсіпорынға: «Алаяқтық жолмен мемлекет қаржысын жымқырды» деген негізде іс қозғады. Осындағы алаяқтық деген сөзге талдау жасайтын болсақ, өзімізден ешқандай алаяқтықты байқамадық. Өніміміз сапалы, нарықта сұранысқа ие, оның үстіне өзімізге жүктелген салықты уақытында төлеп келеміз. Осы бойынша үш ай бойы тексеріс жүргізіліп, қылмыстық дәлел табылмаған соң істі тоқтатты. Тіпті, осы тұста ешкім бізді қылмыстық істің материалымен таныстырып, түсіндірген де жоқ. Өткен жылы қараша айында тағы да: «Рейдерлік жолмен пайда тапқан» деп тағы да іс қозғалып, дәлел тапппай 25 қарашада іс тоқтатылды. «Пәле бір айналдырса, шыр айналдырады» дегендей, 11 маусымнан бастап мекеме басшылары мен қызметкерлеріне қылмыстық іс қозғалыпты. Оны: «Қылмыстық іс Алматы облыстық мемлекеттік кірістер департаменті мамандарының шығарған қорытындысы бойынша қозғалды», – деп түсіндірді «Қайнар-АКБ» ЖШС бас директорының орынбасары, қауіпсіздік басқармасының басшысы Шарханбек Іңкәрбеков.

«Қайнар-АКБ» ЖШС өндірген өнім еліміздегі ірі қалаларда сатылады. Ал аккумуляторларды сатып алып, сатумен айналысатын азаматтардың бәрінің жеке кәсіпкерлік куәлігі бар. Оның үстіне олар да салығын төлеп, заңды жұмыс істеп отыр. Сондай-ақ, олар ескі аккумуляторларды зауытқа өткізіп, өнім көлемін ұлғайтуға да септесіп келеді.Зауыт өндірген өнім, қабылдаған шикізат көлемі бойынша белгіленген нормадағы салықты төлеп жүр. Ендеше, салық жасыру дерегі қалай жүзеге асады? Қазір зауыттан дайын өнімді сатып алып, базарда сататын, көнерген аккумуляторларды зауытқа өткізіп, нәпақа табатын 80-ге жуық жеке кәсіпкер «Қайнар-АКБ» ЖШС-мен сыбайлас деген тұрғыда тергелуде. Осының салдарынан зауыт жарты жылда 1500 тонна шикізаттан айырылса, көнерген аккумуляторлар өткізіп ақша табатын жеке кәсіпкерлердің уақыты соттың алдында кезек күтумен өтуде. Есесіне, қайта өңдеуді қажет ететін аккумуляторларды Қырғызстан мен Ресейдің зауыттары сатып алып, тасып жатыр. Сонда «Екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өледінің» кері болып тұр ма?

Бәрімізге белгілі, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексеруге бағытталған мораторий әлі жұмыс істеп тұр.Ал экономикалық тергеу комитеті жеке кәсіпкерлерді әлі тексеруде. «Қайнар-АКБ» ЖШС өнімі Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан сияқты ірі қалалар мен алыс-жақын шетелдерде сатылады. Логикалық тұрғыдан қарасақ, заңсыздықты аккумулятор сатылатын қалалардың немесе Жетісу облысының құзырлы органдары тексеруі керек. Керісінше, қылмыстық істі Алматы облысына қарасты мекемелер жүзеге асыруда. Оған Алматы облыстық мемлекеттік кірістер департаменті мамандарының қорытындысы негіз болуда. Қысқасы, серіктестік пен жеке кәсіпкерлер арасындағы мәмілелер ойдан шығарылды деп санайды.

Облыс тұрғындары, зауыт жұмысшылары да істің тезірек аяқталып, жұмыстың бұрынғы ырғағымен жүруін қалайды. Себебі, Жетісу облысының кірісін еселеп отырған кәсіпорынның тоқырауы облыс экономикасын әлсіретіп қана қоймастан, тұрғындардың әлеуметтік жағдайына да кері ықпалын тигізетіні анық.

Жетісу облысы

Әкімі жақсы қандай-ды

(Басы 1-бетте)

Мал басы да жыл сайын өсіп келеді. Өткен жылмен салыстырғанда 100 пайызға көбейген. «Былтыр 1960 жылқы болса, биыл 3800 жылқы бар. Ірі қараның өзі 2800 болса, биыл 5500 басқа артты, екі есе көбейді», – деген ауыл әкімі адамдар жермен, малмен айналысудың артықшылығын түсінгенін айтады.

Жақсы әкім жұртқа жақын жүреді. Елі үшін адал қызмет етіп жүрген, жаңашылдыққа жаны құмар әкімге халқы да дән риза. Барлығы әкімнің игі істерін, ауылдың өркендеп келе жатқанын жарыса айтады.

Бар жағдай жасалып жатқандықтан ба, тұрғындар қаладан қаймағы бұзылмаған ортаға, ауылға көшіп келіп жатыр екен.

– Қазір ауылдан қалаға көшіп жатқандар көп қой. Бізде керісінше, үй салып, қаладан ауылға көшіп келіп жатқандар көбейді. Бұл үйлер қаладағыдан кем емес. Мұның бәрі ауылда тіршіліктің бар екенінің белгісі дер едім. Жермен, малмен айналысып жатқандар қатары артып келеді, – дейді Самат Таңатарұлы.

Гүлфия МАМАТАЕВА, жеке кәсіпкер:

– Жалпы, ауыл жағдайы жақсы. Самат Таңатарұлы әкім болып келгелі әр көшенің жолдары жөнделіп, жарықтандырылды. Ауыл балалары үшін үш бірдей ойын алаңы жасалды. Әрбір үйге су тартылған. Одан басқа не керек? Жап-жақсы мектебіміз, амбулаториямыз да бар. Тұрғылықты халықтың басым бөлігі жермен айналысады. «Қыстың қамын жаз ойла» дегендей, тұрғындар жаз бойы тапқанын қыс бойы азық етеді.

Көмекбай АСУБЕК, зейнеткер:

– Ауылымыздың әкімі шынында да мықты. Кәсіби біліктілігі өз алдына, нағыз іскер азамат деп айтамын. Мен өзім зейнеткерлікке шыққанша Бақтыбай ауылында тұрдым. Туған ауылыма қоныс аударғалы екі жыл ғана болды. Басқа ауылдармен салыстырғанда Жарлыөзектің жағдайы көш- ілгері деуге болады. Көшелері асфальталып, жарық шамдар қойылған, су да бар. Енді газ келсе, өркениетке бет алған ауыл атанар едік. Ауылда еңбекқор адамдар көп. Халық әкімін, әкім әрбір тұрғынын жақсы біледі. Бұдан басқа не керек? Алдағы уақытта да ауылымыз одан әрмен ажарлана береді деген ойдамын.

Ауыл жылдан-жылға өркендеп, дамып келеді. Әлеуметтік мәселелер де біртіндеп шешіліп жатыр. Көпбалалы отбасыларына да барынша жағдай жасалған. Мәселен, мемлекеттің арнайы бағдарламасымен өткен жылы 5 отбасына үй алып берілсе, жағдайы төмен тағы 5 отбасы «Қарекет» қоры арқылы баспанамен қамтылған. Сонымен қатар, көпбалалы отбасылардың балаларына «Мектепке жол» акциясы аясында ауылдағы шаруа қожалықтарының көмегімен қажетті киім-кешек пен құрал-жабдықтар алынған. Жыл сайын осындай жұмыстар атқарылып келеді. Әкімі жақсы болса – халқы бақуатты. Ауылдың дамып келе жатқаны – елін ойлаған әкімнің арқасы.

Туған ауылым, елім-жерім аман болсын деген ниетте жүретін, Жетісу өңірінен үздік шыққан әкім енді республикалық додада бақ сынамақ. Олай болса, ауылы – алтын бесігін өркендету үшін барын салып жүрген әкімнің алдағы жұмысына табыс, «Үздік әкім» республикалық байқауында сәттілік тілейміз.

Жетісу облысы

ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

Тәрбиешіге талап күшейді

Президент Жолдауы еліміз үшін өзекті деген, көптен бері шешімі табылмай жүрген мәселелерді қозғауымен айрықша болды. Әсіресе, бұған дейін қанша айтылса да ескерілмей келген мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің сапасын көтеру жайы қолға алынатыны осы сала мамандарын шын қуантты.

Бұған дейін біз мектепке дейінгі мекемелерді аттестациядан өткізгенімізбен тәрбиешілердің деңгейін көтеру, біліктілігін арттыру жайына мән берген жоқпыз. Балабақшаларды қанша тексеруден өткізгенмен, ондағы мамандардың сапалық құрамы дұрыс болмаса, нәтижеге жету мүмкін емес. Осы орайда Мемлекет басшысының тәрбиешілердің жалақысын арттырып, әлеуметтік мәртебесін көтеру жайын қозғауы құптарлық іс. Өйткені, бүгінгі таңда бала бойына білім мен тәрбиенің алғашқы негізін қалайтын орта – балабақша. Іргетасы дұрыс қаланғанда ғана жеткіншектердің болашағына жарқын жол ашылады.

Бұл ретте Президент мектепке дейінгі тәрбие басты назарда болуы керектігін, бүгінгі таңда бүлдіршіндердің тең жартысы ғана балабақшаларға баратынын айтып, дабыл қақты. Ендігі мақсат – осы олқылықтардың орнын толтыру. Оған жекеменшік балабақша иелері де, мектепке дейінгі мемлекеттік мекемелер де атсалысары сөзсіз.

Жолдауда бұдан басқа білім беру, денсаулық сақтау саласына қатысты да маңызды мәселелер қозғалды. «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында алдағы жылдарда апатты, ұшауысымды мектептердің мәселесі шешімін табатыны да құптарлық жайт. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген, балабақша мен мектеп жайын мықтап қолға алсақ, мемлекетіміздің келешегі кемел болары сөзсіз.

Алмагүл БАТЫРХАНОВА,
Қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығы Алматы облыстық филиалының директоры

Әркім өз дәуірінің куәгері, болған оқиғаның тікелей жеткізушісі. Президент Жолдауынан бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған мемлекеттіліктің жаңаша сипат алуын, елдіктің айқын көрініс табуын байқадық. Жылдағы дәстүрмен халқына Жолдау жариялаған Президенттің айтқан ойлары мен ұсыныстары болашағымыздың баянды болуына жасалған жарқын қадамдардың қатарын толықтырды.

Болашақ бағдары

Айтылған ой, берілген тапсырма, ұсынылған оң бастама көп болды. Солардың арасында: «Мемлекетіміздің болашағына тікелей қатысы бар ой-пікірлерімді ортаға салғым келеді. Қазіргі геосаяси жағдайда біз мемлекеттілігімізді біртіндеп нығайтып, реформалар мен жаңару бағдарын нық ұстануымыз қажет.Біз барынша мұқият әрекет жасап, еліміздің ұзақмерзімді мүддесіне сай жұмыс жүргізуіміз керек.Реформалардың қазіргі қарқынын сақтау, саяси мәселелердің бәрін кейінге қалдырмай шешу аса маңызды»,– деген Қасым-Жомарт Кемелұлы көпшіліктің көңіл түкпірінде жүрген Президент өкілеттілігін бір кезеңге және 7 жылдық мерзімге шектеуді ұсыныс ретінде ортаға салып, биыл Президенттің кезектен тыс сайлауы өткізілетінін жеткізді.

Шынында, тек бір мерзімге ғана сайлану әділеттіліктің үлгісі дер едім. Себебі, кез келген жанның пенделік пайымын өзгертіп, астамшылығын арттыратын биліктің адамды бұзатыны халқымыздың ұлттық дүниетанымына тән ауыз әдебиетінде айтылып кеткені белгілі. Сондықтан, 7 жылдық шектеу бекер таңдалмаған. Әрине, әрбір басшының ұзақмерзімдік бағдарламасы, межеленген міндеті болары анық. Ондай стратегияның ұлтқа, мемлекетке, халыққа тиімділігі басым болса, әркім-ақ жалғастырып кетері сөзсіз. Оның үстіне, қысқа уақыттың ішінде көптеген игілікті істерді орындау мүмкіндігі бар екендігін Мемлекет басшысы өзі де ұғындырды.

Міне, осындай асыл ұғыммен астасқан Президент ұсынысы көптің көңілінен шықты дер едім. Расында әлемдік аренада басты ойыншы қатарында жүрген мемлекеттер мен елдердің саяси ұстанымына көз салар болсақ, билікті монополизациялау үрдісі белең алып отырғанын байқау қиын емес. Осындай қауіптің алдын алуды көздеген Тоқаевтың талабы қазақы демократияның айқын үлгісіндей естілді.

Ендеше, келер күннің кемел, болашақтың баянды, алар асуымыздың асқақ болуы жолында бірлесе қадам басу – бүгінгі біздің міндетіміз. Сол міндеттің үдесінен шығуды нәсіп етсін!

Ызғарбек БЕКТҰРСЫНОВ,
Алматы облысының
Құрметті азаматы

17 qyrkúiek
2022 jyl
senbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№105 (19100) АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЖЕР – ХАЛЫҚ БАЙЛЫҒЫ



Облыс әкімі Бейбіт Исабаев «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» акционерлік қоғамының төрағасы Айдын Айымбетовпен кездесті. Ресми басқосуға облыстың цифрлық технологиялар жүйесі, экономика және бюджеттік жоспарлау, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары басқармасының жауапты мамандары қатысты.

Ғарыштан бақылау жүргізіледі

Гүлжан ТҰРСЫН

Аймақ басшысы Бейбіт Өксікбайұлы ғарышкер Айдын Айымбетовтың туған жерге табан тірегеніне қуанышты екенін жеткізді. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» акционерлік қоғамы космостық мониторинг жасаумен шұғылданады. Яғни, аспаннан қадағалау арқылы жер жағдайын толыққанды біліп отырады. Олар шабындық, суармалы жер, жабайы қоқыс алаңдары, орман шаруашылығы, су қоймалары, ауыл шаруашылық жерлері жайлы ақпарат бере алады. Төтенше жағдайдың алдын алуға мүмкіндік тудырады. Табиғат апатының қай жерден басталғанын, оны тоқтату үшін қандай шара қолдану керектігі жайлы кеңес береді.

Бүгінде пайдаланылмай жатқан жерді қайтарып алу жайлы бастама көтерілгені мәлім. Бұл орайда, космомониторингтік қызмет жердегі мәліметті дәл беруге қауқарлы. Облыс басшысы Бейбіт Исабаев акционерлік қоғам басшысынан қай жерге қандай дақыл егілгенін де біле аламыз ба деген сауал тастады. Ғарышкердің айтуынша, космомониторинг арқылы барлығын біліп отыруға мүмкіндік бар. Мысалы, ғарыштан қадағаланатын қызмет қант қызылшасы алқабының қанша жерге егілгенін, керек болса, өнімнің қандай дәрежеде екенін де айна-қатесіз мәлімдеп бере алады. Аталмыш космомониторинг қызметі Жетісу облысының Ескелді және Көксу аудандарының жеріне бақылау жасапты. Онда барлық жайылымдық жер көлемі 863,9 мың гектар екені анықталған.

Басқосу барысында облыстағы егіндікке пайдаланылатын багара, суармалы жерлердің өнім беру жағдайы, топырақтың құрамы жайлы да мәлімет берілді. Айдын Айымбетовтың сөзін мұқият тыңдаған облыс басшысы Бейбіт Өксікбайұлы, жыл басынан бері космомониторинг деректерін пайдалана отырып, 857 мың гектар пайдаланылмай жатқан жерді анықтауға мүмкіндік туғанын айтты. Оның 42,4 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылған. Сондай-ақ, 438,6 гектар жер айналымға берілген.

Космомониторинг арқылы заңсыз салынған нысандарды анықтаудың маңызы зор. Аталмыш қызмет кәсіпорындар шығарған, елді мекен маңында төгілген қоқыстардың қай жерде екенін көріп, біліп, уақытында жоюға септігін тигізуде. Сондай-ақ, табиғи қазбаларды заңсыз өндіруге жол бермейді. Биыл біздің облыстың қалалары мен аудандарында 154 жабайы қоқыс орындары анықталған. Бүгінде соның 109-ы жойылған.

Кездесу соңында облыс әкімі Бейбіт Исабаев жиналған жауапты мамандар мен цифрлы технологиялар басқармасының жетекші мамандарына «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» акционерлік қоғамымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуді тапсырды.

Жетісу облысы

ЖАЙДАРМАН

Ел ертеңі, ұлт болашағы – жастарды қолдау мақсатында әрі моноқаланың 70 жылдығына орай Текеліде Жастарға қызмет көрсету орталығы ашылды.

Жастар орталығы ашылды

Айдар ҚАЛИЕВ

Жаңа ғимараттың ашылуымен жұртшылықты қала әкімі Алмас Әділ құттықтады.

– *Баршаңызды бой көтерген жаңа нысан – Жастарға қызмет көрсету орталығының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Толықтай заманауи технологиялармен жабдықталған орталықта жастарымыз үшін барлық жағдай қарастырылған. Жаңа ғимарат жастардың ғана емес, қаланың барлық тұрғындары мен қонақтарының көзайымына айналады деп сенім білдіремін. Орталық жалындаған жастардың жаңа идеялары мен жобаларына бағыт беріп, күш-жігерін біріктіру мен түрлі мәселелер бойынша көмек көрсететін болады. Сондай-ақ, олардың әрі демалатын, әрі білімін жетілдіретін, пікір алысатын және жан-жақты қолдауға кеңінен мүмкіндік жасайтын ортақ шаңырақ болады деген ойдамыз,* – деп ізгі тілегін білдірді қала басшысы.

Осыдан кейін Текелі қаласының Құрметті азаматы Бақыт Шалбаев жас буынға ақ батасын беріп, жылы лебізін жеткізді.

Ғимараттың лентасы қиылғаннан кейін қонақтар орталықтың ішімен танысып, кабинеттерді аралады. Жаңа нысанның ішінде заманауи үлгідегі құрылғылар жетерлік. Екі қабатты ғимараттың жертөлесі де жастарға қызмет көрсетеді. Онда гардероб, жаттығу залы, киім ауыстыру, жуыну бөлмелері бар. Жаттығу залы қажетті құрылғылармен жабдықталған. Бірінші қабатында офистер, конференция залы, компьютер курсын өткізетін кабинет ашылған. Ал екінші қабат жастардың қолайлы, жайлы демалысына арналған. Мұнда интернет клубы, коворкинг орталығы, шахмат клубы және бар жұмыс істейді. Мүмкіндігі шектеулі жандардың 2-қабатқа шығуы үшін арнайы көтергіш құрылғы да орнатылған. Маңайы абаттандырылып, іші-сырты түгелдей әрленіп, барлық жиһаз, техника, құралдармен жабдықталып ұсынылатын жаңа ғимарат жастардың ғана емес, қаланың барлық тұрғындары мен қонақтарының көзайымына айналмақ.

Айта кетейік, Жастарға қызмет көрсету орталығының құрылысы былтыр тамызда басталған еді. Тапсырыс беруші – Алматы облысының құрылыс басқармасы. Бас мердігер – «Дәулет-Серпін 603» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Авторлық бақылауды «Компания «Стройтекс» ЖШС, техникалық бақылауды «АДС Сапа» ЖШС жүзеге асырып отыр.

Текелі қаласы
Жетісу облысы

НАУҚАН

Көксу ауданы биыл 11 510 гектар жерге картоп ексе, қазіргі таңда оның 500 гектары жиналған. 11 500 тоннадан астам өнім алынған. Осы іске Талапты ауылындағы картоп егумен айналысатын «Нұрдымақын» шаруа қожалығы үлкен үлес қосуда.

Еңбек етсең...

Қажет АНДАС

Қожалықтың атшаптырым аумақты алып жатқан егіс алаңында қызу тірлік жүріп жатыр. Тракторлар қазып тастаған картопты бірнеше адам жинап, қаптап жүрсе, тағы бірнешесі дайын өнімді көлікке тиеуде.

– Биыл 40 гектар жерге картоп, 30 гектар жерге жүгері, тағы 25 гектар жерге қант қызылшасы отырғызылды. Жыл басында «Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ-нан картоп егу үшін 0,01 пайыз өсіммен 29 млн. теңге несие алып едім. Сол үшін тұрақтандыру қорына келісін 130-140 теңгеден 260 тонна картоп өткізуім керек. Биыл 700 тоннадан астам өнім аламыз деген болжам бар. Шаруашылықта 12 тұрақты жұмысшы бар. Қазіргі науқан кезінде 40-45 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Оларға күн сайын 6-7 мың теңгеден төлеймін, – дейді «Нұрдымақын» шаруа қожалығының жетекшісі Қизат Әбиров.

Егіс алаңындағы еңбеккерлердің көңіл күйі көтеріңкі. Шаршадық, шалдықтық деп тұрған бірі жоқ. Картоп жинайтындар күніне 5-6 мың теңге, ал тиеушілер 15 мың теңгеден жоғары табыс табады. Жұмысшылардың көбі алыс ауылдан келіп жұмыс істейді. Соның бірі – Зылиха Тамшыбаева ауылының тұрғыны Баян Еңгесеева: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегендей, таңғы сегізден кешкі беске дейін жұмыс істейміз. Күніне 6-7 мың теңге табыс табамыз. Бала күнімізден адал еңбекпен өскен біздер қазір де сол жолды ұстанамыз», – деді.

(Соңы 4-бетте)



АҚБЕРЕН

Әлия мен Мәншүктің сіңлісі

Әрбір мемлекеттің қуаты мен қарымын әскері танытады. Халықаралық әскер ойындары аясында өткен «Бейбітшілік жауынгері» атты интеллектуалды-кәсіби жарыста қазақстандық әскерилер 1-орынды иеленіп, өз ісінің үздігі екенін танытты.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Арменияның Дилижан қаласында болған әскерилер біріншілігінде қазақстандық команда жарыстың алтын медалін еншіледі. Аға сержанттар Дархан Аслан, Бектөре Назашов, сержант Тұрар Тілегенов және қатардағы жауынгер Назира Әлбосынова Ресей, Беларус және Армения елдерінің жауынгерлері арасында үздік шығып, кәсіби шеберлігін көрсетті. Олардың ішіндегі жалғыз қыз Нәзира Әлбосынова Талдықорғандағы №18386 әскери бөлімшесінің байланыс батальонында келісімшартпен қызмет етеді. Оның әскери жарыстың «Ратник» деп аталатын соңғы кезеңінде үздік нәтиже көрсетуі жеңістің туын жақындатқан.

Атап айтқанда, әскери медбике ретінде жарақат алған адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіп, қашықтыққа жеткізген Нәзира Асхатқызының мінсіз көрсеткіші өз тобын алға шығарды. Яғни, ұрыс даласында жатқан жауынгердің жарасын таңып, қауіпсіз жерге сүйреп шығарудан Нәзира алдына жан салмаған. Қазақ қызының жанкешті еңбегі еленіп, арнайы белгімен марапатталды.

Жалпы, «Бейбітшілік жауынгері» жарысына дайындықты қазақстандықтар биыл жыл басында бастапты. Алғашында еліміздің әскери бөлімдерінен іріктелген жауынгерлер наурыз айынан бастап Қарағанды облысындағы СПАССК оқу-жаттығу полигонында дайындалған. Әр айдың басында, ортасында және аяғында өткізілген қорытынды сынақтан төмен баға алған жауынгер кері қайтарылып, жоғары жетістікке жеткендер қалып отырған. Осылайша халықаралық әскер ойындарына жолдама алған үздіктер Арменияда Қазақстан Республикасының намысын асқақтатып, Туын желбіретіп қайтты.

(Соңы 4-бетте)

ОЙ-ТОЛҒАМ

ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ, ҚҰЛАҒЫ һӘМ ТІЛІ

қойшының қонышында тозатын газет-жорналды қолдан жоғалту кімге пайдалы?!



Жуырда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан үлкен мәселе көтерді. Жасынан газет-жорнал кеміріп өскен журналистің мәртебелі мінбердегі сөзін естісеңіз жаныңыз рахаттанып, нағыз ұлтын ойлаған азамат деп қол соғарыңыз анық. Жанарбек Садықанұлы бүгінгі қазақ баспасөзінің жағдайын толғады. Газеттердің жойылып кету алдында тұрғанын және жүйесіз бір-біріне біріктіріліп, өз бағытынан адасып қалғанын жеткізді.

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Шындығында қазақ газеттері өлместің күнін көріп, баспаға дейін әлсіреп барып, оқырманның қолына әзер жетеді. Ең алдымен, қамқорлық жағдайы нашар. Журналистерінің де жағдайы мәз емес. Ел арасында төртінші билік саналатын БАҚ өкілдері қазіргі таңда билікке жәутеңдеумен келеді. Жанарбек Әшімжан бір ғана республикалық қазақ газеттерінің мәселесін тілге тиек етті. Оның астарында облыстық, аудандық басылымдардың тұрғанын да айта кеткен жөн.

Қоғам ортасында «газетті кім оқиды?» деген қыңыр сөз пайда болды. Жалпы, әлеуметті интернет жүйесіне байлап қойдық. «Интернетті аш та, ақпаратты керегіңше оқи бер» деген байлам айтылады. Иә, ол рас, интернет жылдам, ақпарат бірден тарайды. Бірақ ішіндегі ақпараттың нақты екеніне көз жеткізу мүмкін бе?! Сөз бостандығы деп ерінбегеннің барлығы ойына келгенді жаза беретін болды. Осыны оқып алған қоғам интернеттегі жетесіз сөздің жетегінде кетіп барады. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген тәмсілдің бір ұшында газет-журналдар да байланып тұрғандай. Әр басылымның өзіндік жолы бар, айтар сөзі мен ой-толғамы, бағыт-бағдары өзгеше. Ал бүгін барлығы басқаша. Мемлекеттік қолдаудан алшақ қалған басылымның айтары да ауысқан секілді. Депутаттың айтқанын қазір қолға алмаса, ертең кеш болады. Қазіргі қазақ газеттері мемлекеттік тапсырманы орындайтын құралға айналды.

(Соңы 3-бетте)

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ



Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Парламенттің біріккен отырысында Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы барша қазақстандықтардың игілігіне, мүддесіне бағытталған басты құжат деп толық айта аламыз. Әсіресе біртұтас ұлтты ұйыстырудағы, ұрпақ тәрбиелеп, өсірудегі міндеттердің орындалуына баса назар аударуы бәрімізді қуантты.

Ел игілігіне бағытталған

Мемлекет басшысының: *«Біз 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап, бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін сәби бір жарым жасқа толғанаға дейін ұзартамыз. Балалардың ең маңызды шағында, сәби кезінде ата-аналары жанында көбірек болады»,* – деді. Бабаларымыздың «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөзімен үндесіп тұр емес пе, әрине, қуанамыз.

Биылғы өткен Референдумда «Ата Заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі» деген басты қағидаттың бекітілгенін барша жұрт біледі, бірақ ауылы алыстау деп ойлаған. Қазіргі таңда бос жатқан біраз жердің мемлекет меншігіне өтіп, халықтың игілігіне беріле бастауы сөзден іске көшкеніміздің белгісі. Сонымен бірге Жолдауда: *«Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Ұлттық қордан жыл сайынғы инвестициялық табыстың 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударылып, жинақталған қаржы балалар кәмелет жасына толғаннан кейінгі олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді»,* – делінген. Нақтырақ айтсақ, жерасты байлығы балаларымыздан бастап, халқымыздың игілігіне қызмет ететіні даусыз.

Осындай үрдіс алыс-жақын мемлекеттерде болатынын білетінбіз. Біздің елде қолға алынып, дұрыс жолға қойылуы «Жаңа Қазақстанның» сөзден нақты іске көшкенін көрсетеді емес пе? Президенттің бұл бастамасы келешекке бағытталған инвестиция екені даусыз.

Қазіргі таңда жастар мәселесіне айрықша көңіл аударуымыздың өзіндік мәні бар. «Қаралы қаңтар» оқиғасына қатысушылардың дені мамандығы жоқ, жұмыссыз жастар екені белгілі. Сондықтан оларды тұрақты жұмыспен қамтып, қоғамның бір мүшесі ретінде мемлекеттің болашағына жауапты екенін санасына сіңіру керек. Мемлекет басшысының Қаңтар оқиғасына қатысушыларға қатысты бір реттік рахымшылық жариялауының өзі жастардың болашағынан үміт күту емес пе? Осының өзі «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» деген бабалар даналығымен ұштасып тұрған жоқ па?

Президентіміз: «Біздің күшіміз, жастардың білімінде» деді. Олай болса, отбасынан бастап – мектеп, кәсіптік білім беру және жоғары оқу орындары бірігіп, зерделеп әсіресе, ауылдық жерлерде пән мұғалімдерінің, дәрігерлердің, мал шаруашылығы мамандарының жетіспеушілігін анықтап, соған сай шешім қабылдап отырса жарасар еді. Мүмкін, Үкімет тарапынан ауылға баратын жастарды қолдауға байланысты шешімдерді «Жаңа Қазақстан» тұрғысынан қайта қарап, түзетулер енгізілуі керек шығар. Жолдауда жатақханалар, зертханалар мен білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлу мәселесіне дейін анықтап, білім алуға барған жастарға 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие берілетіні сенім тудырады. Сонымен қатар, шешімі табылмай жылдан-жылға жалғасып келе жатқан 3 ауысымды мектептердің, фельдшерлік-акушерлік бөлімшелердің жағдайы 2025 жылға дейін толық шешімін табатындығы нақтыланды. Қуанарлығы біздің өңірлерде ФАП құрылыстарын салу жұмыстары жаңадан басталды. Оны көріп, біліп халық ризашылығын білдіруде.

Президентіміздің Жолдауында: *«Ауыл шаруашылығын дамыту негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді»,* – дегені өте орынды. Басқаны айтпағанда күнделікті тұтынатын тағамдардың, тауарлардың жетіспеушілігі халықтың наразылығын тудыратынын біліп те отырмыз. Көктемгі егіске, күздегі жиын-терін кезінде жанар-жағармайлардың, қысқа қарай көмір тапшылығының жылда қайталануы келеңсіз нәрсе.

Сонымен қатар, игерілмей жатқан немесе мүмкіндігі бар адамдардың заңсыз алған 10 млн.-ға жуық гектар жердің тек 2,9 млн. гектары ғана қайтарылып, жыл соңына дейін кемінде 5 млн. гектар жерді қайтару көзделген. Өзендердегі ағын су мөлшері жылдан-жылға азаю, су жүйелерін каналдардың, лотоктардың әбден ескіргендігі, оларды жөндеуге, қайта қалпына келтіруге едәуір қаражат керек-ақ. Жетісу жері өзендермен өрнектелген, суға бай өлке екені белгілі. Кезінде Ақсу, Кербұлақ аудандарында жерасты суларын «Фрегат» қондырғылары арқылы суару жүйелері тозығы жетіп, тоқтап тұр.

Кезінде табыстың едәуір көзі болған қойдың жүні, терісі бүгінде керексіз болып шіріп, тасталып жатыр. Барды ұқсата алмай отырмыз. Киіз басу, кілем тоқу, текемет, т.б күнделікті өмірге қажет өнімдер ұмытылып барады. Ауылда еркек те, әйел де жұмыссыз. Ойланатын-ақ мәселе. Осы салаларға инвестиция тарту керек-ақ.

Жолдауда шаруалардың өзара ұйымдасуы ауыл шаруашылығын дамытуға жол ашатынын қадап айтты. Әр ауылда 1-2 болса да біріккен шаруа қожалықтарын ашып, техникалармен қамтамасыз етіп, жер де, мал да иесін тауып жұмыстары реттеліп, өнім көбейіп, толайым табысқа қол жеткізіп жатыр. Жекелеген кәсіпкерлер де туған өңірін түлетуге барын салуда. Оған Алакөлдегі Оспановтардың, Ескелді ауданында Хильниченко бастаған шаруа қожалықтары мысал бола алады.

Президентіміз Қасым-Жомарт-Кемелұлы Тоқаев Жолдауда саяси реформалар «Күшті Президент, ықпалды Парламент, есеп беретін Үкімет» формуласымен жүзеге асырылып жатқанын, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын, Отанымызда ел бірлігі ауадай қажет екенін ашық та дәлелді айтты.

Данышпан Абай атамыз «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», – дегенді бекер айтпаса керек. Күні кеше ғана Елорданың төрінде әлемдік дәстүрлі діндер көшбасшыларының кезекті съезі өтті. Бұл біз айтып отырған Абай даналығының айқын көрінісі. Сол жиында Рим Папасының дана Абайды қайта-қайта сөз етуі көп нәрсені аңғартты. Адамзат баласымен татулық орнатумен қатар ішкі бірлігімізді де сақтау басты борышымыз. Ол үшін тағы да дана Абайдың: «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген қағидасын берік ұстанғанымыз жөн! Жыл соңында өтетін Президент сайлауы мен алдағы көктемде болатын Парламент сайлауында бізге бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын бірлік ауадай қажет.

Бір шеті мен екінші жағына дейін 1000 шақырымға созылып жатқан Алматы облысын екіге бөлуі орталықтан шалғайда орналасқан аудандар мен ауылдар үшін өте қолайлы болды. Осы орайда төсекте басы, төскейде малы қосылған екі облыстың да дәуірлеп өсуін, Қонаев қаласының өркендеп ең көркем де жайлы орталық, сұлу қалаға айналып, халқының әл-ауқатының жақсы болуына шын тілекшіміз.

Біздің қасиетті Жетісу өңіріне Асанқайғы бабамыз «Өзендерді шулы, жері нулы, елі еңбекқор, білікті болса, адамға жайлы жер екен», – деп бағасын да, батасын да берген екен. Ендеше дана бабалардың батасын Жаратқан иеміз қабыл етіп, бірлігіміз бекем, қуатымыз күшті болсын ағайын!

Оралбек ЖАҚИЯНОВ,
Жомартқали ЖЕКСЕНБІНОВ,
қоғам қайраткерлері

ҮНДЕУ

«Қарттарымызды қамқорлай жүрейік»

Құрметті жетісулық жерлестер, қадірменді қарттар!

Жыл сайын бәріміз асыға күтетін 1 қазан – Халықаралық қарттар күні де жақындап қалды. Осы күні қарттарымызды ардақтап, зейнеткерлеріміздің еңбегін ұлықтап, аға буын мен жастар ортасындағы адамгершілік қарым-қатынасына сара жол салатын көптеген шара өтеді.

«Қариясы бар ел – қазыналы ел» дегендей, ғұмырын осы аймақтың өркендеуіне арнаған, өмір бойы ұрпағым деп еңбек еткен жандарға қандай құрмет жасалса да көптік етпейді. Осыған орай, «Арадегерлер ұйымы» республикалық бірлестігінің бастамасымен «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» атты акцияның өтетінін білесіздер. Жетісулықтар да бұл бастамадан қағыс қалып көрген емес.

Жетісу облысының еліміздің өзге өңіріне қарағанда өз артықшылығы бар. Біз өзімізді батырлар мен ақындары көп елдің перзенті санайтындықтан аға буынды ардақтаудың дәстүрі қалыптасқан. Мұндай ізгілігіміз экономикалық дағдарыс орын алған кезде де толастаған жоқ. Дәл бүгінгідей жаңа облыс болып, шаңырақ көтеріп жатқанымызда әлеуметтік көмекке мұқтаж қарттарға жасалатын қолдау артпаса, кемімейді. Десе де арамызда жасы ұлғайған, жалғызбасты, қамқорлықты көп қажет ететін жандар да баршылық.

Сондықтан облыстағы қайырымды азаматтар, кәсіпкерлер, қоғамдық ұйым өкілдері, бизнес құрылымдары «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» акциясына атсалысып, аға буынды ардақтаудың өнегесін көрсетуге шақырамыз.

Осындай игі іске қолдау танытамын деген жаны жомарт, жүрегі ізгі азаматтардан жергілікті әкімдік, облыстық, аудан, қалалық ардагерлер кеңесімен бірлесе отырып, игілікті іске атсалысуларыңызды сұраймыз.

Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ,
Жетісу облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

ЖАЙДАРМАН

Медициналық пункт ашылды

Жетісу облысында кәсіпкерлер жергілікті жерлердің әлеуметтік мәселелерін шешуге белсене қатысуда. Мәселен, Лесновка ауылында күрес түрлеріне арналған спорт мектебі пайдалануға берілді. Ал Ақсу ауданының Тарас ауылында демеушілік қаржыға медициналық пункт салынды.

Тарас ауылында 1973 жылы тұрғызылған ғимараттың орнына жаңа медициналық пункт ашылды. Оны жергілікті «Қыдырәлі» шаруа қожалығының жетекшісі Төлеген Мақашев салып берді. Мұнда фельдшер кабинеті, екпе бөлмесі бар. Кабинеттерде қажетті құрал-жабдықтар түгел. Енді Тарас ауылының 400 тұрғыны осы жаңа медпунктте медициналық көмек алатын болады.

– Бүгін ауыл тұрғындарымен қатар біз де қуанып отырмыз. Енді мұнда денсаулығына шағымданған жандарға күнделікті көмек көрсетеміз. Қандай шұғыл жағдайда да күндіз-түні қызмет етуге дайынбыз, – деді медициналық пункттің медбикесі Ақмарал Нұралинова. Осы маңызды жаңалықпен тарастықтарды аудан әкімі Есім Базарханов құттықтады.

«ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ»

АЙТАР МЕЗЕТ

Талдықорғанға жұмыс сапарымен келген Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының ғимаратында кәсіпкерлерді қабылдады. Кездесуде кәсіп ашып, нәсіп таба алмай, құқықтары бұзылып, қиналып жүрген кәсіпкерлер бизнес-омбудсменге тікелей жүгіне алды. Әсіресе, олардың жергілікті атқарушы органдардың заңсыз әрекеттеріне наразы екендігі байқалды.



Кәсіпкерлер құқығын кім қорғайды?

Қажет АНДАС

Ең алдымен қабылдауға келген «Қайнар-АКБ» ЖШС өкілдері Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті тарапынан қозғалған заңсыз істердің салдарынан активтері бұғатталып, шаш етектен шығынға батқанын, істің облыс деңгейінде әділ шешім таппайтынын алға тартты.

Сол қатарда «Ақ-Бұлақ продукт» ЖШС сүт жеткізу бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сұрақпен жүгінсе, қаңтар айындағы төтенше жағдай кезінде елді тегін тамақтандырып келген қоғамдық тамақтандыру орындары тиісті қаражатты әлі ала алмай жүргенін айта келіпті. Кәсіпкерлер сол кезде Алматы облысы әкімдігімен ауызша келісім жасап, шығындарын төлеп беру туралы кепілдік хат алған. Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық даму басқармасы 30 сәуірге дейін шығынды төлеп беруге уәде берген. Алайда, әкімдік тарапынан ешқандай төлем жүргізілмепті. Кәсіпкерлер қаңтарда Алматы облысы әкімдігінің өтінішін орындады. Қазіргі уақытта облыс бюджеті бөлінгеніне байланысты шығынға батқандар Жетісу облысының тұрғыны болып саналады. Бұған Рустам Жүнісов: *«Шығынға батып, банкрот болудың алдында тұрған қоғамдық тамақтандыру орындарына облыс әкімдігі қолдау таныту керек»,* – деді. Ескелді ауданы Бақтыбай ауылынан кесіп өткен жолдың жыры әлі бітпепті. Біраз адам жер учаскесін мемлекет мұқтажына алуға байланысты төленетін қаражатты ала алмай жүр. Бизнес-омбудсмен облыстық кәсіпкерлер палатасы арқылы сотқа талап-арыз дайындауды тапсырды.

«Дарқан-Қайсар» ЖШС басшысы Дәрібек Қарабасов 2012 жылдан бері Талдықорған теміржол стансысындағы құқығын қорғау үшін бармаған жері, ашпаған есігі қалмапты. Ол кісі теміржол стансысының кірме жолдарындағы заңсыздықтарды ретке келтіру туралы өз ұсынысын айтты. «Қорғас – Шығыс қақпасы» ерекше экономикалық аймағы өкілдері күн панелін шығаруға арналған екі үлкен қондырғыны елге әкелуге рұқсат ала алмай отыр.

Лимузин көлігін жалға беріп, той бизнесінен қаржы тауып жүрген Элдар Сламбеков ойламаған жерден 2 млн. 300 мың теңге салық төлеуге міндеттелгені жөнінде мұң шақты. Оның айтуынша, Жетісу облысында осындай қарыз арқалап шыға келген 3 кәсіпкер бар. Олар әр есікті тоздырып жүрген көрінеді.

Ескелді ауданы, Қоңыр ауылынан келген Өмірзақ Керейбаев ауыл маңындағы жайылым жер мәселесін, ал «Мақсат» шаруа қожалығының жетекшісі Сәбит Баймұқанов Алажиде ауылынан құдық қазу мәселесімен келіпті.

Қысқасы, кездесуге келген әр кәсіпкердің айтар арызы бар. Олардың бірқатарына Нұр-Сұлтаннан келген бизнес-омбудсмен жауап берсе, біразы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевпен кездесу барысында айтылды. Оң шешімін табар деген үміттеміз.

СЕМИНАР

Диқандар бас қосты

Биыл жер жаннаты Жетісу аймағында жалпы 80 мың гектарға жуық жерге жүгері өсіріліпті. Соның 26 мың гектардан астамы соңғы 60 жыл ауқымында жүгеріні жетекші дақыл ретінде баптап келген жазиралы Жаркент өңірінің егіншілерінің еншісінде. Сондықтан болар соңғы жылдары егін жинау науқанының алдында облыс жүгерішілерінің басым бөлігі Жаркент өңіріне жиналып, алқалы кеңес құрады.

Сол дәстүр биыл да жалғасын тапты. Бұл жолы тек Жетісу аймағы ғана емес, Қазақстанның бірқатар облысынан да жүгері өндірісіне қызығатын азаматтар шекара шебіндегі ауданда бас қосты. Жаркент өңіріне жиналған даңғайыр кәсіпкерлер «Пионер» буданын өсіру технологиясы» деген тақырыпта аймақтық семинар-кеңес өткізді. Негізінен жүгері өндірісімен шұғылданатын Панфилов, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр, Іле және Ескелді аудандарының жүгерішілері мен ауылшаруашылық мамандары, ғалымдар бас қосқан алқалы жиын аудандағы элиталық жүгері тұқымын өсіретін «Ернар» ЖШҚ базасында ұйымдастырылды. Семинарға жиналған қауым алдымен «Alem Agro», «Джон Дир», «BNK Group», «Eurasia Group» сынды дүние жүзі мен Қазақстанда белгілі, егіншілікке қажетті техникаларды, тыңайтқыштарды, басқа да химикаттарды тарататын компаниялардың көрмеге қойған өнімдерін тамашалап, «Ернар» ЖШҚ жаңа технологиямен өсіріп, сынақтан өткізіліп, енді жаңа тұқым түрінде өндіріске ұсынылатын Американың «Кортева Агрисаенс Қазақстан» компаниясының «Пионер» жүгері сұрыптарының алқабымен танысты.

– Жалпы АҚШ-та «Кортева» компаниясы 230 жылдан бері басқа дақылдармен бірге жүгері тұқымын өндіріп, әлем елдеріне таратып келеді. Ал компания шығарған жүгерінің «Пионер» сұрыбының өндіріске енгеніне 95 жыл болды. Біздің елде бұл сұрыптың будан бренді 2006 жылдан бері өсіріледі. Осы жолы Жаркентке оның өндіріліп жүрген 6 бренді мен 5 жаңа будан тұқымын диқандарға көрсетуге әкелдік, – деді осы компанияның Қазақстандағы агрономиялық қолдау бойынша маманы Нұрлан Құлмұратов.



Жүгерішілердің алқалы жиыны да алқап басында ұйымдастырылды. Семинар жұмысын Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбек жүгерінің отаны саналатын Панфилов ауданында «дала аруының» өндірісін барынша өркендетіп, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға қолдау көрсетіп жүрген элиталық тұқым тарататын, озық технологиялар мен техникалар, тыңайтқыштар, гербисидтер ұсынып отырған кәсіпорындардың өкілдеріне ризашылығын білдірді.

Кеңесте Аграрлық несие серіктестігінің Жетісу облыстық филиалының директоры Ізбасар Жүсіпбеков сөз сөйлеп егіншілерге 6-7 пайыздық жеңілдікпен қаржылай қолдау көрсетуге қауқары барын жеткізді. Ал екінші болып мінбеге шыққан АҚШ-тың «Кортева Агрисианс Қазақстан» компаниясының Қазақстандағы өкілі Татияна Кудрина осы кеңесте жүгерішілерге таныстырылатын «Пионер» жүгері тұқымдарының жерсінуі мен өнімділігі жөнінде әңгімеледі.

Кеңестің қорытынды сөзі «Ернар» ЖШҚ жетекшісі Тасқын Жапарқұлға ұсынылып, ол қожалықтың сорт сынау телімінде сынақтан өткен «дала аруының» жаңа тұқымдарына сипаттама жасады. Сонымен қатар қожалық жетекшісі жүгері дақылын өсірудің өмірге енген жаңа технологияларына да кеңінен тоқталды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы
Жетісу облысы

20 qyrkúıek
2022 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№106 (19101) АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

■ ЖӘРМЕҢКЕ





Суреттерді түсірген Ж. Мұсабеков

ЕЛОРДАДАҒЫ ЕКІ КҮН

Елорда төрінде Алатау мен Алакөлге дейінгі ағайынның атсалысуымен көпті қуанышқа кенелтіп, берекесін еселеген тағы бір жәрмеңке өтті. «Астана Арена» стадионында Жетісу мен Алматы облысының шаруалары маңдай терімен өндірген экологиялық таза әрі бағасы арзан ауыл шаруашылығы өнімдерін ұсынды.

Қажет АНДАС

Жалпы, астаналықтарға Алматының алмасы, Балқаштың күріші, Алакөлдің балығы, Лепсінің балы, Райымбек ауданының картобы, «Көксу қант зауыты» ЖШС өндірген ақшекер, Іле және Жетісу Алатауының шүйгін шөбін жеп өскен төрт түліктің еті мен сүтінен дайындалған өнімдері танымал. Жұрт аталған тауарларды таласа сатып алып жатты. Солардың арасында Жетісу жерінде туып-өсіп, бүгінде Астана қаласында тұратын жерлестеріміздің қатары көп. Солардың бірі – Марғуа Жадыраева апамыз:

– Астанада тұрғаныма 8 жыл болды. Талдықорғанда туып, қызмет еткендіктен елде болып жатқан жаңалықтарға қуанып жүреміз. Жетісу және Алматы облысның кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылып жатқанын естіп, ертемен жиналып, келіп тұрмын. Жыл сайын осындай жәрмеңке ұйымдастырылған кезде май, ет, алма және көкөністер сатып алуға келемін. Туған жердің дәмінен тәтті дүние жоқ қой, – деп әсерімен бөлісті.

– Жәрмеңкеге Алматы облысынан келген 37 шаруа қожалығы жалпы 231тоннадан астам 54 түрлі ауыл шаруашылығы өнімін әкелді. Өнімнің көлемі көп, сапасы жақсы, бағасы Астана қаласындағы базарлармен салыстырғанда 15-20 пайызға арзан саудаланып жатыр. Соның ішінде ет өнімдері мен картопты көптеп сатып алды, – дейді Алматы облысы ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Дастан Құдабаев.

Ал Жетісу облысынан 35 шаруа қожалығы өнім әкелген.

– Жәрмеңкеге Жетісу облысынан 8 аудан, 2 қала қатысты. Жалпы көлемі 227 тоннадан астам 401,4 млн. теңге сомасына барлығы 54 түрлі өнім саудалануда. Бұл ет-сүт, шұжық, балық өнімдері, қант, ұн, сары май, бал, ұлттық сусын, жеміс-жидек, көкөніс, тағы басқа азық-түлік өнімдері, – дейді Жетісу облысы ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Бақтияр Шамбиков.

Жұртты қызықтырғаны өнімдердің сапасының жақсы, бағасының арзандығы болды. Өйткені, тауар бағасы Алматы және Жетісу облыстары мен Астана қаласының кәсіпкерлік басқармасының алдын ала келісімі бойынша бекітілген және әр тауардың бағасы айшықты түрде жазылып, сөрелердің алдына ілінген. Бұл да сатып алушыларға көп жеңілдік тудырды.

– Осы жәрмеңкеге жеткізілген барлық тауардың бағасы Астана базарларындағы бағадан көп арзан. Айталық, пияз 80-100, алма-алмұрт 300-350, бұрыш, сәбіз 100, сиыр, қой еті 2000-2500, жылқы еті 3000-3500 теңгеден сатылды. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, Астананың супермаркеттерінде пияз 300-350, жылқы еті 4000-4500 теңгеден сатылуда. Оның үстіне өнімдердің бәрі таза әрі сапалы болғандығы да көптің көңілінен шықты, – дейді Жетісу облыстық кәсіпкерлік және индустриялды даму басқармасының бөлім басшысы Айгүл Садырқызы.

Жәрмеңкеде тауар өндірушілер өнімін ұсынса, Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармония әртістері әуелетіп ән салып, күмбірлетіп күй шертіп, көпшілікпен бірге бұрала биледі.

Бірінші күні Алматы және Жетісу облысынан әкелінген тауарлардың жартысынан астамы саудаланды.

Жексенбі күні де сауда қыза түсті. Келушілердің аяғы түс ауғанша үзілмеді. Қап-қап көкөністер арқалап, жіліктелген ет көтеріп, сатып алған жеміс-жидектерін көлігіне тиеп жатқандардың қарасы көп болды.

Астана қаласы

■ МӘСЕЛЕ

Қант неге қымбат?

Көктемнен бергі қант бағасының күрт көтерілуі Жетісу жерінде қант өңдейтін жалғыз зауытқа көп салмақ түсірді.

Жұрт арасында: «Іргемізде қант зауыты бар, қант бағасы неге қымбат?» – деген сұрақ көп талқыланды. Бірақ біз зауыттың тыныс-тіршілігімен танысқаннан кейін кейбір пікірдің негізсіз айтылғанына көзіміз жетті.

«Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Әділбек Абатовтың айтуынша, биыл Бразилиядан әкелінген 48 мың тонна қант құрағының 47 мың тоннасын өңдеп, 98 пайыз таза қант алынған. Қалғанын алдағы бірнеше күнде бітіріп, кезекті қант қызылшасын қабылдау ісіне кіріспек. Олар биыл 200 мың тоннадан астам қант қызылшасын қабылдамақ. Зауыттың құрылғылары шетелдік заманауи технологиямен жабдықталып, 360 адам жұмыс істеуде. Қант қызылшасын қабылдау басталған соң жұмысшылар саны 500-ден асатын көрінеді. Ал журналистердің: «Дүкендерде қант неге қымбат?» – деген сұрағына зауыт басшысы:

– Зауыт қанттың әр келісін 450 теңгеден береді. Оған сатушылар 15-20 пайыз баға қосып, тұрғындарға саудалауы керек еді. Өкінішке қарай, дүкен иелері ойына келген бағасын қосып, бір келі қантты 800-900 теңгеден сатып жатыр. Базардағы бағаны реттеу біздің құзырымызға жатпайды. Оны арнайы құрылған мониторинг тобы қадағалауы керек. Қысқасы, осы жылы облыстағы қант тапшылығын болдырмау үшін қолымыздан келгенше еңбектендік, – деп жауап берді.

Қ. ОМАРАҚЫН
Көксу ауданы
Жетісу облысы

■ КӨКЕЙКЕСТІ

Жер игілігін халық көреді



Айдар ҚАЛИЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында ауыл шаруашылығы мақсатындағы бос жатқан жайылым жерлерін мемлекет меншігіне қайтаруды және оларды ауыл тұрғындарына қолжетімді етуді тапсырған болатын. Бұл мәселе бойынша облыста қандай шаралар қолға алынуда? Бірге зер салып көрейік.

Жер жаннаты Жетісу өңірі – аграрлы аймақ. Өңірлердегі тұрғындардың көбі егін егіп, мал ұстайды. Бірақ ұшы-қиырына көз жетпейтін кең-байтақ далада мал жаятын жердің жоқтығы бүгінгінің өзекті мәселелерінің бірі. Қазір қай ауылға барсаң да тұрғындар: «Мал бар, жайылым жоқ, жердің бәрі жекеменшікке өтіп кеткен», – деп зар илейді. Ауылдарда егістікті былай қойып, малды тұяғы жеткен жерге дейін жаю тұрғындар үшін мұңға айналған.

(Соңы 3-бетте)

■ «JETISÝ»-АҚПАРАТ

Талғарда джиу-джитсудан жасөспірімдер арасында ел біріншілігі өтті. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен іріктеліп келген 900-ден астам спортшы қатысты.

Жетісу топ жарды

Дүбірлі додада облысымыздың намысын жыртқан өрендер сәтті өнер көрсетіп, командалық есепте бас жүлдені қанжығасына байлады. Жарыс жоғары деңгейде өтті. Маңызды жарыста әр спортшы барын салып өнер көрсетті. Өйткені аталмыш сайыста жеңімпаз атанған балуан халықаралық жарыста өнер көрсететін болады.

Дода қорытындысы бойынша Жетісу облысының құрама командасы 18 алтын, 11 күміс және 23 қола медаль жеңіп алды. Алматы облысының командасы күміспен күптелсе, Атырау облысы қола жүлдені еншіледі.

Ақсу ауданының Еңбек ауылындағы Қарасу мектебінде тарихи тұлға Заманбек Кәріпбаевқа арналған тарих кабинеті ашылды.

Ұстаз атындағы кабинет

Заманбек Кәріпбайұлы 1919 жылы 10 қарашада Қарасу (Еңбек) ауылында туған. Орта мектепті бітірген соң әскери міндетін өтеп жүрген жерінен соғысқа аттанады. Ржев қаласының түбіндегі шайқаста 136-атқыштар полкінде жауынгерлік қызметін бастайды. I және II Украина, Калинин фронтында, Кировоград, Кишинев, Корсень-Шевченевск, Бреслау, Сандомир, Яссы (Румыния) қалаларындағы шайқастарға және Украина мен Молдавияны азат ету және Львов-Сандомир операциясына қатысқан. Осы шайқастарда взвод, кейін рота командирі дәрежесіне дейін көтерілген.

1945 жылдың қазан айында туған ауылына оралып, ұстаздық жолға кіріседі. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін еңбектен қол үзбей оқып жүріп, бітірген соң Қарасу сегізжылдық мектебінде мұғалім, кейін директорлық қызмет атқарады. Ақсу аудандық атқару комитетінде нұсқаушы, Ақсу аудандық білім бөлімінде алғашқыда инструкторы, кейін білім бөлімінің басшысы қызметін атқарды. Бірнеше оқу орнының директоры болып, денсаулығына байланысты зейнетке шықты.

Білім саласындағы қажырлы еңбегі үшін «Қазақ ССР халық-ағарту ісінің үздігі», «СССР халақ – ағарту ісінің озаты», «Еңбек ардагері» және бірнеше мерейлі медальдармен марапатталған. Ақсу ауданының Құрметті азаматы атанды. Ұлағатты ұстаздың елге, жерге, қоғамға қосқан үлесін ескеріп, елжұрты өзі қызмет еткен білім шаңырағынан ұстаз атындағы кабинет ашып, құрмет көрсетті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ
Ақсу ауданы
Жетісу облысы

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ

Қордаланған мәселе көп



Сүретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ

«Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының ғимаратында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев пен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің вице-министрі Әбілхайыр Тамабектің қатысуымен қант қызылшасы және қант өндірісін дамыту бойынша жиын өтті.

Шаруалар мұңы шаш етектен

Қажет АНДАС

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаевтың айтуынша, бүгінде саланы дамытуға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Атап айтқанда, осы уақытқа дейін облыстық бюджет есебінен 420 техникамен жабдықталған 19 сервистік-дайындау орталығы құрылды.Қант қызылшасының шетелдік селекция тұқымдарының жоғары өнімді сорттары мен будандарын жеткізу және қызылша өсіретін шаруашылықтарды уақытылы қамтамасыз ету жолға қойылды. Тұқым үшін есеп айырысу қосымша пайыздық жүктемесіз күзгі өнім есебінен жүзеге асырылады.Бұдан басқа, мемлекет минералдық тыңайтқыш, пестицидтер және тұқымды сатып алуға жұмсалатын шығындарды 50 пайызға дейін субсидиялайды. Биыл зауытқа өткізілген қант қызылшасының сатып алу бағасы тоннасына 22-ден 30 мың теңгеге дейін көтерілген.

Өңірдегі шаруашылық өкілдері қант өндірісіндегі өзекті мәселелер мен алдағы жоспары жайлы сөз қозғады. Сол қатарда Көксу ауданы «Кең дала» шаруа қожалығының басшысы Қалибек Алпысбаев қант қызылшасын сатып алу бағасының төмендігіне байланысты өнімділіктің төмендеп отырғанын айтса, Ескелді ауданындағы «Хильниченко и К» кооперативінің өкілі Александр Хильниченко жоғары өнімділікке жетудің жолымен бөлісті. Сарқан ауданы «Алмалы» сервистік-дайындау орталығының басшысы Ерлан Білескелдинов тасымал құнының қымбаттығына тоқталса, Ақсу ауданы «Әлихан» шаруа қожалығының басшысы Берік Тынышбаев аудандағы суару жүйелерінің тиімсіздігін алға тартты.

Шаруалар көтерген тағы бір мәселе арзан бағамен берілетін сұйық отынның сапасына қатысты болды. Жеткізуші компания өкілінің айтуынша, сұйық отын зауыттың тікелей өзінен әкелінеді. Бұл ретте облыс әкімі өнім шығарушыдан жағармайды бірден сапасын тексеріп алатын механизм әзірлеуді тапсырды. Шаруалар заманауи ауыл шаруашылығы техникаларымен қамтудың да саланы дамытуға ықпалы зор екенін тілге тиек етті. Ал «Көксу қант зауыты» ЖШС басқарушы директоры Әнуарбек Мұқашевтің айтуынша, биыл зауыт тәтті түбірдің 1 тоннасын 30 мың теңгеден қабылдайды, оның 15 мың теңгесі мемлекеттен субсидияланады, қалғанын зауыт төлейді. Сонымен қатар, Көксу қант зауыты шикізатты алыс аудандардан жеткізу шығыны үшін арақашықтық ауқымына қарай тоннасына 1 мыңнан 2 мың теңгеге дейін төлейді.

– Барлық тауарлардың бағасы өскен сайын, жылдан-жылға қант қызылшасын өсіру шығыны да артып отыр. Биылғы жылы 1 гектар жерге кеткен шығын 900 мың теңгені құрады, кей жерлерде ол тіпті 1 млн. теңгеден асып кетті. Осыған байланысты қызылша өсірушілердің өтінішіне орай Ауыл шаруашылығы министрлігіне біз ұсыныс жасадық. Яғни, зауытқа өткізілетін шикізаттың әр тоннасы үшін мемлекеттен берілетін субсидияны 15 мыңнан 25 мың теңгеге көтерсек, сонда шаруалардың әр тонна үшін алатыны 10 мың теңгеге өсіп, 40 мың теңге болар еді, – деген облыс басшысы «Көксу қант зауыты» ЖШС өкілдеріне алыс аудандардағы шаруалардың тасымалы үшін қосымша көмек қарастыруды ескертті.

Өз кезегінде Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Әбілхайыр Тамабек:

– Осы жылдың басында қант қызылшасының 1 келісі 22 теңге болған, біз оны көктемде 30 теңгеге көтердік. Енді 40 теңге болады. Осы мақсатқа бюджеттен 20 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Сол сияқты қазір тұқымның, гербицидтің, тыңайтқыштардың 50, техника құнының 25 пайызы субсидияланады. Субсидиялаудың жаңа ережесі келесі жылдағы баға өсімі бойынша реттеледі. Отандық жинақтағы ауыл шаруашылығы техникасы 25-30, шетелдікі 15 пайыз субсидияланады. Бұдан бөлек қызылша жинайтын комбайндар құнының 50 пайызы субсидияланатын болады, – деді вице-министр.

1800 гектар қайда кетті?

Жиында талдықорғандық фермер Еркінбек Сләмов озық тәжірибесі бар шаруашылықтармен және мықты ғалымдармен жеке кездесу ұйымдастыруды сұрады. Сондай-ақ: «Қант қызылшасы егіліп, шықпай қалды делінген жер бос жатыр ма, жоқ, басқа дақыл өсіп тұр ма? Осыған тексеру жүргізілсе», – деген ұсынысын айтты. Оның ұсынысын ескерген облыс әкімі Бейбіт Исабаев: «Аудандарда мұндай шығынның неден болғанын анықтау керек. Неге берілген ақпарат пен нәтижесі сәйкес емес? Егер нақты себебі болса, оны келесі жылы болдырмау үшін қазір анықтап білуіміз керек», – деп ауыл шаруашылығы басқармасына тапсырма берді.

Кездесуді қорытындылаған облыс басшысы Бейбіт Исабаев ашық әңгіме, еркін пікір алмасуға қатысқан шаруашылықтардың өкілдеріне ризашылығын білдіріп, көтерілген мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

Жетісу облысы

ЖИЫН

Жаңа әкімді таныстырды

Сарыөзек кентіне арнайы барған Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Кербұлақ аудандық мәслихат депутаттарының қолдауымен тағайындалған жаңа әкім Қанат Есболатовты өңір активіне таныстырып, жұмысына сәттілік тіледі.

МәдиАЛЖАНБАЙ

Одан соң жарыссөзге шыққан зейнеткер Нұрбай Жантілеуов, Кербұлақ аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Ғалия Ақбасова, Қызылжар ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Баян Сырлыбеков жергілікті жұртшылықтың атынан жаңа әкімнің жұмысына табыс, ісіне береке тілеп, аудандағы өзекті мәселелерді бірлесе шешуге дайын екендіктерін жеткізді.

Аудан активі қатысқан алқалы жиынды қорытындылаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев Күреңбел өңірінде қордаланған мәселелерге тоқталып, оларды шешудің жолдарын қарастыруды тапсырды. Оның айтуынша, ауыл шаруашылығы бағытындағы ауданда жыл басынан 22,2 миллиард теңгенің өнімі өндірілген. Биыл 99 мың гектар дәнді дақылдар, 11 мың гектар жемшөп,1,5 мың гектар майлы дақылдар, мың гектардан астам картоп егіліп, 165 мың тонна астық, 213 мың тонна шөп дайындалды. Ауданда 132,8 мың гектар жайылым жердің пайдаланылмай жатқандығы анықталып, 8,9 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылған. Осы бағыттағы жұмыс жалғасып, аудандағы суару жүйелерін қалпына келтіру қолға алынады. Одан бөлек, аудан жұртшылығын табиғи газбен қамтамасыз ету жұмысы жүреді. Ең өзекті мәселе – Сарыөзек ауылын ауызсумен қамтамасыз ету әлі күнге шешілмей отыр.

– Жобаны жүргізуде бас мердігер құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кестесін сақтамаған. Мердігерлер қыркүйек айында аяқтау жөнінде уәде берді. Бұл мәселе менің тікелей бақылауымда. Жұмысты қадағалап, бақылауға алмағаны үшін аудан әкімінің осы салаға жауапты орынбасары Д. Жолжановқа «қатаң сөгіс» берілді, – деген Бейбіт Өксікбайұлы межеленген міндеттерді орындаудың бағытын көрсетті.– Біз елді мекендерді таза, сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге тиіспіз. Ауданда жыл соңына дейін Талдыбұлақ, Аралтөбе ауылдарына ауызсу беру жоспарланса, Қарашоқы, Ақтөбе ауылдарына келесі жылы беріледі.

Шилісу, Шаған, Қосағаш, Қарлығаш, Қарымсақ, Ақбастау, Тастыөзек, Қазансу, Басши ауылдарының ауызсу жүйелерін қайта жаңғырту мен құрылыс жұмыстарының жобалау-сметалық құжаттары дайындалып жатыр. Екі жыл бұрын салынған Онжас ауылының ауызсу жүйсінің сапасы талапқа сай емес, жүйе жиі істен шығады, жерасты су деңгейінің төмендеуіне байланысты ұңғымаларда су тапшы. Тұрғындар тарапынан осы мәселе жиі көтерілуде. Аудан әкімдігі облыстық энергетика басқармасымен бірге ауылға барып, проблеманың себебін анықтап, қабылданатын шаралар туралы маған баяндаңыздар.

Өз сөзінде Малайсары стансысы, Көкбастау, Көктал ауылдарындағы ауызсудың тапшылығы, «Сарыөзек – Көктал» бағытындағы автожолды күрделі жөндеу, Қоянкөз, Көксу ауылдарының көшелері және Қайнарлы, Малайсары ауылдарының кірме жолын жасау, Қоғалы ауылдық ауруханасына күрделі жөндеу жүргізу, Арқарлы ауылы, Сайлыкөл, Жоламан стансыларына блокты-модульді медициналық пункттер орнату сынды жұмыстар жүргізілетінін жеткізген облыс басшысы жергілікті жұртшылықты жаңа әкіммен бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Кербұлақ ауданы
Жетісу облысы

ЖОЛДАУ – ДАМУ ӨЗЕГІ

Дана халқымыз «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп текке айтпаған. Өйткені, еліміздің болашағы – білімді жастардың қолында. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында жалынды жастарды қолдау, білім саласын өркендету үшін көптеген мәселелер айтылды.

«Білімді мыңды жығады»

«Тәрбие – тал бесіктен» дегендей, Мемлекет басшысы білімді жастарды шығару үшін әуелі мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болу керектігін айтты. Расымен, балабақша – білім ошағының алғашқы баспалдағы. «Білім – инемен құдық қазғандай». Сондықтан біз бүлдіршіндерімізді көп оқуға, білімді болуға мектепке дейінгі орталықтан баулуымыз керек.

Мемлекет басшысы орта білім сапасын арттыру керектігін де баса назарға алды.

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жанжақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Сонымен қатар, жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескере отырып, жоғары сыныптардағы жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды күшейтуді тапсырды.

Заманауи білім – заман талабы. Ел Президентінің «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының қолға алынатынын естіген ауыл жастары ерекше қуанды. Біз осы жоба арқылы оқып-жетіліп, ауылдан талай білімді жастар шығарына сенімдіміз.

Жолдауда мектеп формасы барлық оқушыға қолжетімді болу, жеке білім беру ваучерлерін енгізу жоспарланып жатқандығы айтылды.

Президентіміздің Жолдауда айтқан барлық бастамалары мен тапсырмалары көңілімізге қонды. Соның ішінде білім саласына қатысты маңызды мәселелердің қамтылуы мұғалімдер қауымын қуантады әрі сенім ұялатады.

Әнел ТӨЛЕПБЕРГЕН,
Қабан жырау атындағы шағын орталығы бар мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Көксу ауданы

Қадағалау қажет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы ел үшін тосын жаңалықтарға толы болды.

Бұл жолғы Жолдау елдің таяу уақыттардағы әлеуметтік, экономикалық дамуының негізгі басымдықтарын айқындады. Сонымен қатар, өткен 2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауды іске асырудың аралық қорытындысын айтты. Бұл Жолдаудың өзге Жолдаулардан ерекшелігі – әлеуметтік салаға қатысты саясаттардың нақты аталып, орындау механизмдерінің айқын көрсетілуі.

Жолдауда Ұлттық қор қаражатын тиімсіз жұмсауға жол бермеу қажеттігі жайлы айтылды. Бұл мәселені Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін де талай көтерген. Бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын қадағалау тетігінің бірі ретінде биылғы саяси реформаларында Президент Жоғары аудиторлық палата төрағасының Мәжіліс алдында жылына екі рет есеп беруін жүктеді. Бұл жаңғырту конституциялық реформалар бойынша өткен референдумда қазақстандықтардың қолдауына ие болды.

Жолдаудағы ең басты жаңалық – ағымдағы жылы кезектен тыс Президент сайлауының өтетіндігі. Бұл шешім Қазақстан халқының азаматтық, қоғамдық белсенділігін арттырары сөзсіз.

Жұмахан ДҮЙСЕНБИНОВ,
Балпық би ауылдық қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы

Жетісу облысы


ТАҒАЙЫНДАУ

Жетісу облысы әкімінің өкімімен Қанат Болатұлы Есболатов Кербұлақ ауданының әкімі болып тағайындалды.

Ол бұған дейін Жетісу облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы лауазымында болған.

ҚЫЛМЫС ХРОНИКАСЫ

Синтетикалық есірткімен ұсталды




5-9 қыркүйек аралығында жүрген республикалық «ДӘРМЕК» жедел-профилактикалық іс-шарасы кезінде Жетісу облыстық полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері аймақтағы ірі кәсіпорындардың біріне тексеру жасап, 20 тоннадан астам «күкірт қышқылының» сақтау тәртібінің бұзылғанын анықтады.

Кәсіпорын басшысына қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 427-бабы, 1 бөлімі бойынша әкімшілік хаттама толтырылды.

Сондай-ақ, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы кезінде Талдықорған қаласының 24 жастағы тұрғынынан жалпы салмағы 1,46 грамм болатын «а-ПВП пирролидин» синтетикалық есірткісінің бірнеше дозасын тәркіледі.

Жеке тінту кезінде анықталған синтетикалық есірткіге орай ҚР Қылмыстық кодексінің 296-бабы 4-бөлігі аса ірі мөлшерде есірткі заттарын заңсыз сақтау бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды.

Түнгі қаладағы балалар



Биылғы оқу жылы басталғалы бері Талдықорған қалалық ішкі істер басқармасының ювеналды полиция қызметкерлері жасөспірімдердің білімін арттыру мақсатында көптеген игілікті шаралар ұйымдастырып, қаладағы 44 оқу орнының шәкірттерімен кездесу өткізген.

1860 үнпарақ таратылған кездесу кезінде оқушылар мен студенттерге әкімшілік заңнаманың талаптары түсіндіріліп, бейтаныс жандармен қалай сөйлесу жөніндегі нұсқаулықтар көрсетілді. Сондай-ақ, облыс орталығында өтіп жатқан кәмелеттік жасқа толмағандардың арасындағы қылмысқа арналған «Түнгі қаладағы балалар» атты іс-шара кезінде арнайы есепке алынған немесе аз қамтылған отбасылардағы жасөспірімдерге түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, өскелең ұрпақтың дұрыс жолды таңдауына ықпал жасалуда.

Іс-шара кезінде қалалық полиция басқармасына кәмелеттік жасқа толмаған 87 жасөспірім жеткізілген. Олардың ішіндегі 8 отбасынан шыққан 6 бала арнайы есепке алынып, қалғанына алкогольді ішімдік сатып алғаны үшін, шағын бұзақылығы үшін, ішімдік ішкені немесе масаң күйде және заңды өкілдердің қарауынсыз түнде жүргені үшін әкімшілік хаттама толтырылды.

Жол қауіпсіздігін сақтаңыз



Еңбекшіқазақ ауданының тәртіп сақшылары жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қадағалау және бақылау жүргізіп, биыл жыл басынан 18 мыңға жуық жол қозғалысы ережесінің бұзылғанын анықтады.

Еңбекшіқазақ аудандық полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Жақсылық Алтынбаевтың айтуынша, көлік жүргізудің тәртібі мен жол жүру ережесін ескермейтіндер көбейген.

– Жыл басынан бері мас күйінде көлік жүргізген 83 адам ұсталды. Сондай-ақ, жаяу жүргіншілер жолынан өтуі тиіс жолаушыға жол бермеген 433 жүргізушіге, жол қозғалысы ережелерін бұзған 2424 жаяу жүргіншіге хаттама толтырды. Одан бөлек, қарсы бағытқа шығып, жол ережесін өрескел бұзған 22 дерек тіркелді. Осының бәрі жол жүру ережесіне немқұрайды қарағандықтан, – деген тәртіп сақшысы көпшілікті жол ережесін мүлтіксіз сақтау керектігін ескертеді.

Шынында жол жүру ережесін жіті білу адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне кепіл болады.

Дайындаған Мәди ӘСЕТҰЛЫ

27 qyrkúiek
2022 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№109 (19104) АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЖИЫН

Халыққа қызмет – абыройлы міндет



Дүйсенбі күні облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев жұмыс сапарымен Райымбек ауданында болды. Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан активінің жиналысына қатысты.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Облыс әкімі жиынға қатысушыларға «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Президент Әкімшілігінің және осының алдында ғана өткен Райымбек аудандық мәслихатының кезектен тыс сессиясындағы депутаттар келісімімен Берік Фатықұлы Дүйсенбаевтың Райымбек ауданының әкімі болып тағайындалғанын жеткізді. Бұдан кейін Берік Фатықұлының өмір жолымен таныстырды.

Райымбектей батыр бабамыздың атындағы ауданға әкім болып тағайындалған азамат осы өңірдің перзенті. 20 жылдан астам еңбек өтілі бар. Ауданның тыныс-тіршілігін жақсы біледі. Мемлекеттік спорт және туризм академиясын, Қарағанды мемлекеттік университетін бітіргелі мұғалім, мектеп директоры, ауыл әкімі, Қонаев қаласы әкімі аппаратының басшысы болды. Соңғы уақытта Қонаев қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. Облыс әкімі М. Сұлтанғазиев Райымбек ауданына жаңадан тағайындалып отырған Берік Дүйсенбаев туған ауданының экономикасын одан әрі дамытуға перзенттік үлесін қосатынына сенім білдірді. Бұдан кейін облыстың және ауданның әлеуметтік және экономикалық жағдайына тоқталды.

Облыста жаңадан 21 мектептің құрылысы жүргізілуде. Одан бөлек, 21 мектеп күрделі жөндеуден өтуде. Оның ішінде Райымбек ауданындағы Көмірші, Көкбел, Сарыбастау, Тұзкөл ауылдарындағы орта мектептер бар. Бұл мақсатқа 1,4 миллиард теңге қаражат бөлінген.

(Соңы 2-бетте)

ЖИЫН

Жауапкершілік жүгі жоғары



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕК

Сарқан ауданын енді Ғалымжан Маманбаев басқаратын болды. Оның кандидатурасын аудан активіне таныстырған Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев бұл таңдау ауданның экономикалық әлеуетін көтеріп, әлеумет жағдайын жақсарту үшін жасалғанын жеткізді.

Қажет АНДАС

Аудан әкімінің орынтағына жайғасқан Ғалымжан Қанатұлы өңір жұртшылығына етене таныс. Ұзақ жыл аудан әкімінің орынбасары болып қызмет атқарған. Өңірдің барлық жағдайынан хабары бар және осы аудандағы елдің жайын, жұрттың хал-ахуалын жақсы біледі. Әрине, аудан басшылығына сол өңірдің өткені мен бүгінін, тұрғындардың талап-тілегі мен болашақ арманын назарда ұстайтын, елді береке-бірлікке ұйыстыра білетін адамның келгені көптеген мәселенің оң шешілуіне ықпал етеді.

– Сарқан аудандық мәслихатының кезектен тыс сессиясында депутаттар бірауыздан Ғалымжан Маманбаевтың кандидатурасын мақұлдады. Ежелгі Қойлық қаласының тумасы Ғалымжан Қанатұлы ұзақ жылдық тәжірибесі бар білікті маман. Сондықтан аудан тізгінін мығым ұстап, жетістіктерге жетелейтініне сенемін. Бәріңіз бірлікте, селбесіп жұмыс атқарасыз деген ойдамын, – деді облыс басшысы.

Келесі кезекте сөз алған жаңа әкім Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында алға қойылған тапсырмаларды толық орындап, ел сенімінен шығатынын жеткізді.

Жаңа әкімді тағайындауға аудан активі, зиялы қауым өкілдері, ақсақалдар қатысты. Сол қатарда Сарқан ауданын 7 жыл басқарған Талғат Өмірәлиев, Сарқан ауданы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қадыл Жанасбеков, Сарқан аудандық аналар кеңесінің төрайымы, қоғамдық кеңестің мүшесі Гүлшарбан Қалиева, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Мейрамғали Ғалиасқаров жаңа әкімнің азаматтық, жауапкершілік, біліктілік қасиетін жоғары бағалап, жылы лебізін білдіріп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

(Соңы 2-бетте)

ҚАЛА КҮНІ



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕК

Жаса, жайна, Талдықорған!

Тотыдай таранған, сұңқардай сыланған Талдықорғанның туған күнін жұртшылық биыл да көтеріңкі көңіл-күймен тойлады. Мерекелік шара «Талдықорған» индустриялық аймағында орналасқан «BARS TECHNOLOGIES» кірпіш шығаратын зауытының ашылу салтанатынан басталды. Оған қала әкімі Әсет Масабаев қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ

Зауыттың ашылу салтанатында Әсет Дүйсебекұлы:

– Қала күні қарсаңында өңірдің әл-ауқатын арттыратын құрылыс материалдарын шығаратын зауыттың жұмысы іске қосылды. Мұндағы жұмысшылардың барлығы жергілікті азаматтар. Біздің үш жылдық жоспарымызға сәйкес, қала бойынша миллион шаршы метрден астам құрылыс жоспарланып отыр. Газоблок – бүтіндей бір ірі кешенді құрылыстың міндетін тиімді, сәтті шешеді. Яғни, қазіргі заманғы әмбебап құрылыс материалы кәдеге жарайды. Сонымен қатар, бұл өнімді басқа да облысқа ұсынысқа бере аламыз. Осындай игі істі бастап, туған жерге туын тігіп жатқан жандарға ризашылығымыз шексіз, – деп, жұмысшыларға сәттілік тіледі.

Газоблок кірпіштерін өндіретін қаламыздағы алғашқы кәсіпорында қазір 35 адам жұмыс жасауда. Зауыт басшылығы болашақта қызметкерлер санын 150-ге жеткізу жоспарда барын айтты. Мұнда тәулігіне 100 текше метр кірпіш шығарылады. Зауыт өнімі отандық және Ресей технологиясымен дайындалады. Жеке кәсіпорынға мемлекет тарапынан жер учаскесі, инженерлік желілер бөліп, өндірісті жедел газдандыруға көмек көрсетілді.

Қазірдің өзінде зауыт өніміне сұраныс көп. Өңірдегі құрылыс компаниялары зауыт өніміне тапсырыс беріп жатыр екен.

Осыдан кейін қала әкімі Оқушылар сарайында өткен «Балдәурен» шығармашылық балалар фестиваліне барды. Шарада 250-ден астам бүлдіршін әуелетіп ән салып, мың бұралып би билеп, қолөнер шеберлігін көрсетті. «Балдәурен» фестивалінің соңында балаларға сыйлықтар таратылды. Қала күніне орай жергілікті аспаздар арнайы «Талдықорған» деген торт әзірлепті. Тортты қала әкімі кесіп, жұршылықты қала күнімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

Қала басшысы «Жастар» саябағы мен Спорт сарайының жанына қойылған көрмені аралады. Мұнда өндірістік кәсіпорындардың тауарлары, «Kia», «JAK», «Haval», «Hyundai», «Lada» маркалы автокөліктері, қолөнер шеберлерінің бұйымдары мен фотографтардың туындылары орналасқан. Әр ауданнан келген ұжым өз өнімдерін таныстырды.

Осыдан кейін футбол фестивалі өтті. Оған 7-8-сынып оқушылары арасында 25 команда қатысты. Балғын спортшылардың фестивалін тамашалауға барған қала әкімі оқушыларға доп таратып, жылы лебізін білдірді.

Қала күніне арналған дүбірлі думан «Жастар» саябағында өткен мерекелік концертпен жалғасты. Шара барысында Әсет Масабаев сөз алып, жұртшылықты мерекемен құттықтап, қаламыздың дамуы мен өркендеуіне елеулі үлес қосқан Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханының директоры Анарбек Монғолға, Мүгедектерге арналған облыстық мамандандырылған спорт мектебінің аға жаттықтырушысы Ерболат Иманқұловқа, «Айсұлу» тігін фабрикасының атқарушы директоры Жарылқасын Болатұлына, «Lider.kz» еріктілер ұйымының жетекшісі Матвей Шведиге «Талдықорған қаласының Құрметті азаматы» атағын берді.

Салтанатты шара концерттік бағдарламаға ұласты. Қала күніне орай Мақпал Жүнісова, Айжан Нұрмағамбетова, Жеңіс Ысқақова, Раушан Оразбаева, Айгүл Елшібаева сынды елімізге танымал өнер жұлдыздары әуелетіп ән салып, жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленді.

Жетісу облысы

ЖЫЛУ

Қыс қыспайды демеңіз

Көп ұзамай қыс та келеді. Ал биылғы жылыту маусымына Қонаев қаласы дайын ба, отын қоры жеткілікті ме? Бұл туралы қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің мамандарынан білген едік.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Белгілі болғандай, биылғы қысқа 29 мың тонна қатты отын қажет. Қонаев қаласында 3 көмір тұйығы бар, бүгінде олардың жалпы қоры – 3 758 тонна. С. Сейфуллин көшесіндегі № 58 көмір тұйығындағы «Қаражыра» сұрыпты көмірі – 16 мың теңге, Индустриальная көшесіндегі № 9 көмір тұйығындағы «Шұбаркөл» көмірі – 15 500 теңге, Заречное ауылындағы «Шұбаркөл» көмірі – 14 550 теңгеге саудалануда.

Өткен жылыту кезеңі аяқталған соң жылу жүйесінде бірнеше ақау анықталып, қаланы жылумен қамтамасыз ететін компания өз қаржысына жөндемек болған. Қазіргі таңда қазандықтың 72 жабдығы қалпына келтірілген. Сондай-ақ, 3 құрылғы күрделі жөндеуден өтіп, № 5 стансының бу құбыры тұтас ауыстырылған.

– Бүгінде жылу тарататын кәсіпорындағы мазут қоры – 4377,5 тонна. Жоспар бойынша жылыту кезеңіне 4727,5 тонна отын қажет. «Petrosun» ЖШС қалаға 350 тонна отын жеткізіп береді. Серіктестікпен екіжақты келісімшартқа қол қойылды, – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің басшысы Дархан Қарағонысов.

Жылу жүйесінің 890 метріне жеңіл, 2580 метріне күрделі жөндеу жасалды. Қаладағы 1, 3, 4, 5, 18 шағынаудандарына тартылған желінің бәрі жаңартылған. Барлығы 781 642 шаршы метр ауданды құрайтын тұрғын үйлер мен ғимараттар орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған.

Қонаев қаласы

КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ҰЙЫМДАР НАЗАРЫНА!

Сіздерді 2022 жылғы 30 қыркүйекте сағат 16.00-де өткізілетін Бірыңғай есеп беру күніне қатысуға шақырамыз.

Іс-шараны өткізудің мақсаты: қауіпсіз қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік субъектілері мен ұйымдардың құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекеттің бақылау-қадағалау қызметін реформалауды іске асыру шеңберінде мемлекеттік бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша заңнаманың міндетті талаптары бұзушылықтарының жүйелі профилактикасын дамыту бойынша Бірыңғай есеп беру күні өткізіледі.

Өткізу нысаны: Бірыңғай есеп беру күні кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік бақылау мен қадағалауды және Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылушылықтары профилактикасын жүзеге асыру нәтижелерін талқылау бойынша кездесу нысанында өткізіледі.

Өткізу орны: Талдықорған қаласы, 8-ықшам ауданы, Астана даңғылы, 2 «А», Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының ғимараты.

29 qyrkúıek

2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№110 (19105)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Тұрмыстық техника зауыты ашылмақ

«Алматы тұрмыстық техника зауыты» ЖШС компаниясының өкілдерін облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев қабылдап, облыс орталығы Қонаев қаласын жан-жақты дамыту бойынша барлық шара қабылданып жатқанын, осы орайда отандық өнім өндірушілерге ерекше маңыз беріліп отырғанын атап өтті.

Алма ЕСЕНБАЙ

Компания өкілдері өздерінің инвестициялық жобасымен таныстырды. Қазіргі таңда Қарасай ауданының Жармұхамбет ауылында компанияға тиесілі 6 гектар жер телімі мен өндіріс ошағы бар. Газ және электр плиталарын шығаратын зауытта 200 адам жұмыспен қамтылған. Ендігі ретте Қонаев қаласынан жер телімі берілсе, жаңа кәсіп ашпақ. Жоба бойынша теледидар, тоңазытқыш және мұздатқыш жабдықтар, кір жуғыш машина, сорғыш, шағын пеш пен пештерді құрастыру өндірісі құрылмақ.

Цехтың жоспарлаған өндірістік қуаты жылына 1 миллион бірлік техниканы құрайды. Жобаның құны 24 млрд. теңгеден астам, 1 200 жұмыс орнын құру көзделген. Сондай-ақ, компания өндіріс үшін жабдықтар мен жинақтауыштарды жеткізуді жүзеге асыру үшін ынтымақтастық жөніндегі компаниялармен келіссөз жүргізуде. Алдағы жылдарда өнімдерін көрші елдерге де шығаруды мақсат тұтып отыр.

– Біз бүгін сіздермен кездескенімізге өте қуаныштымыз. Бұл өңір инвестиция тарту орталығы болып табылады. Осы орайда сіздердің тараптарыңыздан қолдау мен ынтымақтастыққа үміттенеміз, – деді компанияның бас директоры Абдулқасым Сойырқас.

Кездесуді қорытындылаған Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев жобаны толықтай қолдайтынын айтып, өндірісті өркендетуге қай жер тиімді екенін зерделеуді тапсырды. Осы орайда өз ұсыныстарын да жеткізді. Жоба жүзеге асып жатса Алматы облысында тұрмыстық техника зауыты ашылмақ.

Қонаев қаласы
Алматы облысы

СПОРТ – ӘЛЕМ ЕЛШІСІ

Жаңа маусымға сәттілік тіледі



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

«Жастар» спорт сарайында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев жетісулық волейболшылармен жүздесті. Жетісу жері спорт саласы бойынша республика бойынша алдыңғы қатарда. Жекелеген спорттан бөлек командалық спорт түрінен де жетісулық ойыншылар жанкүйерлердің үмітін ақтап жүр.

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Соның бірі волейболдан әйелдер арасында «Жетісу» командасы. Бұған дейін аталған қыздарымыз жеті мәрте ел чемпионы, Азия клубтық чемпионатының жүлдегері, ҚР кубогында да үздіктер қатарынан көрінген. Тек соңғы 3 жылда шығыстың «Алтай» командасына есе жіберіп, күміс жүлдегер атанып жүр. Жаңа маусымның алдында волейболшылар облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлымен кездесіп, өздерінің жоспарларымен қатар, алдағы чемпионатқа болжам жасап, команданың жаттығуына байланысты өтініш-тілектерін жеткізді.

Команданы толғандыратын басты мәселе – клубтың бюджеті мен оқу-жаттығу жиынын өткізетін спорттық нысанның жетіспеушілігі. Бұл орайда «Жастар» спорт сарайынан бөлек «Динамо» спорт кешенінің бар екенін және оған талапқа сай жөндеу жұмыстары керектігін айтты. Өз кезегінде облыс басшысы жауапты мамандарға тапсырма беріп, аталған жаттығу залын жөндеуден өткізуді, керекті қаражатты бөлуді жүктеді. Мұнан бөлек клубтың бюджеттік қаражаты оңды шешілетінін жеткізді. Сондай-ақ, «Жетісу», «Айқаракөз» командаларының бас жаттықтырушылары Е. Павлова мен В. Шиндовқа нақты міндет қойды.

– Ең бірінші жоғары лигада ойын нәтижесін көрсетіп, бұрынғы чемпиондық атақты қайтару керек. Жоғары көрсеткіш арқылы біз жас жеткіншектерді тәрбиелейміз және жергілікті ойыншылардың көбеюіне ықпал жасаймыз. Ол үшін бар күш-жігерімізді салу керек, әкімдік тарапынан барлық қолдау көрсетіледі, – деді.

Кездесу соңында облыс әкімі Бейбіт Исабаев әйелдер арасындағы «Жетісу» – «Айқаракөз» командасының жолдастық кездесуін тамашалады. Тартысты ойында «Жетісу» командасы жеңіске жетті. Есеп 3:0. Ойын соңында өңір басшысы ойыншылар мен жаттықтырушыларға сәттілік тілеп, чемпионатта алтын тұғырдан қол бұлғауларына тілектестігін білдірді.

Жетісу облысы

НАУҚАН

Қант қызылшасын қабылдау басталды



«Көксу қант зауыты» ЖШС 26 қыркүйектен бастап қант қызылшасын қабылдай бастады. Қазірше белгіленген кесте бойынша Ақсу, Сарқан аудандары мен Қонаев қаласының шаруа қожалықтары өз шикізатын тасымалдап жатыр.

Қажет АНДАС

Аталған зауыт өкілдері: «Биыл 200 мың тоннадан астам қант қызылшасын қабылдап, 24 мың тонна қант аламыз», – деген сенімде. Сол сенімнің орындалатынына қант зауытындағы науқандық жұмысты көргенде көзіміз жете түсті. Зауыт ауласында толтыра қант қызылшасын тиеген «КамАЗ» автокөліктерінің салмағы өлшеніп, зертханалық тексеруден өткен соң қызылша төгетін алаңға жаймен жылжып барады. Қызылша қабылдайтын алаңда тазалау техникасы жұмыс үстінде. Жыл сайын техникалық жағынан кемелденіп, заманауи құралжабдықпен жабдықталған зауыттың қант қызылшасын қабылдау қуаттылығы да арта түскен. Айта кетерлігі, жылдағыдай ұзын сонар кезекті байқамадық. Қауырт жұмыс, сапалы қызмет көрсетілуде.

(Соңы 2-бетте)

Табыс мол, шығын да жоқ емес

Сарқан ауданының биылғы ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемінің жоспары 56417,0 млн. теңгені құрайды. Ағымдағы жылы 98333,2 гектар жер игеріліп, жаздық-күздік дәнді және майлы дақыл, жаздық арпа, бақша өнімдері, көкөніс, көпжылдық және дәрілік шөп, қант қызылшасы себілген. Дақылдардың өнімділігін арттыру мақсатында «КазФосфат» және «КазАзот», басқа да серіктестерден 4637,8 тонна минералды тыңайтқыш сатып алған.

Қазірде күздік жиын-терін жұмысының дені орындалған. Сондай-ақ, тұқым тексеру, сүдігір жырту, шөп жинау науқандары да жоспарға сай жүргізілуде. Ауыл шаруашылығы бойынша инвестициялық жоспар белгіленген мерзім бойынша орындалуда. Ал ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуде Сарқан ауданы облыс бойынша алдыңғы орында келеді. Бүгінгі таңда «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы 50, шаруашылықтар өз қаражатымен 47, лизингтік компаниялар арқылы 5 дана техника сатып алынған. «Silk Way Petroleum» ЖШС арқылы дизель отынын тамыз айына дейін 1 литрін 196 теңгеден, қыркүйектен бастап 205 теңгеден сатып алып жатыр. «AZIA GOLD» ЖШС арқылы Ресей мен Германияға дәрілік шөп, «CENTRAL ASIA COMMODITIES» ЖШС арқылы Қырғызстан мен Тәжікстанға тары өнімін экспорттауда.

Ағымдағы жылы Сарқан ауданындағы 51 шаруа қожалығы 1000 гектар жерге қант қызылшасын сепкен. Ауа райының қолайсыздығы, жер қабатының сулылығы және тұқым сапасының нашарлығы, тағы да басқа себептерге байланысты бірқатар шаруа қожалығының қылшасы өспей қалды. Қазір қант қызылшасын жинау науқаны басталды. Сарқандықтар қызылшаны төкпей-шашпай жинап, 20 тоннадан астам шикізатты қант зауытына өткіземіз деп отыр. Оның да мүмкіндігі мол. Өйткені ауданда 4 сервистік дайындау орталығы болса, соның үшеуі қант қазылшасы бағытында жұмыс атқарады. Соның бірі Қарабөгет ауылына қарасты «Еркін» сервистік дайындау орталығы.

– «Еркін» сервистік дайындау орталығы 2019 жылы құрылды. Басшысы Дәуренбек Әуелбеков. Мұнда жер жыртуға арналған трактор мен соқалары, тұқым себетін селка, дәрі шашатын техника, қызылша қазатын комбайн, қысқасы, қант қызылшасына қатысты техниканың бәрі бар. Ауылда 5023 гектар суармалы жер мен 2 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 68 шаруа қожалығы бар. Солардың ішіндегі тек қант қызылшасын өсірумен айналысатын шағын және ірі шаруашылықтардың егу, жинау жұмысын осы орталық атқарады.

(Соңы 2-бетте)

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Мәдениет – елдің мәйегі

Қонаев қаласында мәдениет маусымының ашылу салтанаты өтті. Рухани шарада Алматы облысы әкімінің орынбасары Лаззат Тұрлашов сөз сөйледі.

– Мәдениет – елдің мәйегі. Қай заманда болсын халқымыз оған ерекше маңыз беріп келеді. Бұл дәстүр Алматы облысында да сақтала бермек. Қазіргі таңда облысымызда 281 мәдениет ошағы халыққа қызмет етіп отыр. Биылғы жылы 7 Мәдениет үйіне құрылыс жұмысы жүргізіліп, 6 мәдениет ошағы күрделі жөндеуден өтті. Ұлы тұлғаларымызға 6 ескерткіш орнатылуда,– деді.

Биыл Алматы облысы әкімінің қолдауымен ақын-жазушылардың 10 кітабы жарық көрді. Бұл қатарда «Jetisý» газетінің журналисі Гүлжан Тұрсынның «Жанымның саясы» атты әңгіме-естеліктер жинағы бар екенін мақтанышпен айтамыз.

Мерекеге арнайы келген ҚР Жазушылар одағының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Ұлықбек Есдәулет, облыс мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосқан Ханымжан Сұлтанқұлова осы кітаптардың тұсауын кесті.

Мәдени шарада сөз алған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Ұлықбек Есдәулет:

– Мәдениет деген – терең ұғым. Ол адамды жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелейді. Бүгін бір сондай тамаша сәтке куә болып отырмыз. Көл жағасындағы Қонаев қаласы бұл өнердің өрлейтін, мәдениеттің гүлденетін, таланттардың ашылатын жері. Әлемді осы өлкенің өрендері әнімен әлдилеп, күйімен тебірентіп, шығармаларымен шабыттандыра берсін дегім келеді, – деді.

Шара соңында Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармониясы, «Алатау әуендері» концерттік ұйымы өнерпаздарының концерттік бағдарламасы ұсынылды. Бұл ретте белгілі күйші Секен Тұрысбеков жетекшілік ететін «Ақ жауын» камерлық оркестрі мен қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары – Өміркұл Айниязов, Гүлнұр Оразымбетова, Мирас пен Құралай Бегжановтардың Қонаев қаласының жұртшылығын сазды әуенімен тамсантқанын атап өтуге болады.

А. ТОПАНТАЙҚЫЗЫ
Қонаев қаласы
Алматы облысы



11 qazan

2022 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№115 (19110) АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

Дін мен дәстүр – егіз ұғым

Алматы облысының әкімі Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлымен кездесті. Онда қос тарап аймақтағы діни ахуалды жан-жақты талқылады.



Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Әңгіме барысында өңірдегі имамдардың білімі мен біліктілігін көтеру, дін қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан қолдау, аймақтағы мешіттерді кадрлармен қамтамасыз ету, халыққа дін мен дәстүр сабақтастығын дәріптеу, жастарды деструктивті діни ағымдардың идеологиясынан сақтандыру сияқты басқа да мәселелер назарға алынды.

Наурызбай қажы Тағанұлы: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халқымыздың біртуар тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев есімін жаңа облыс орталығына беру туралы бастамасы біздің діни саладағы жұмысымызға оң серпін беруде. Қонаев қаласынан діни басқарма өкілдігін аштық», – деді.

Марат Елеусізұлы экономикалық өсімнен басқа, идеологиялық жұмыстарға да көңіл бөлінуге тиіс екенін атап өтіп, бұл ретте жобаларға қолдау көрсетілетінін жеткізді. Бұдан соң Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы облыс басшысына игі ниетін жеткізіп, жаңа қызметіне табыс тіледі. Соңында қос тарап ортақ жобаларды жүзеге асыруға уағдаласты.

Бұдан соң аймақ басшысы мен елордалық қонақ Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстарының «Қариялар қазығы дәстүрімнің» атты ақсақалдар форумына қатысты.

ЖӘРМЕҢКЕ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Берекесі мол, бағасы арзан

Талдықорған қаласында Жетісу облысына қарасты 8 аудан, 2 қаланың ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Онда 120 тоннадан астам 25 түрлі азық-түлік тауары қала тұрғындарына саудаланды.

Қажет АНДАС

«Жастар» спорт сарайының қарсысындағы жол бойына қатар-қатар тізілген шатырларда ет-сүт, шұжық, балық өнімдері, қант, ұн, жарма, өсімдік және жануар майы, көкөніс, жеміс-жидек, бал өнімдері, ұлттық сусындар толып тұрды. Әркім өз таңдауы бойынша керекті тауарын сатып алып жатты.

Жәрмеңкені Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев аралап, арысы Алакөл мен Панфилов ауданынан, берісі облыс орталығының маңындағы аудан, қалалардан келген шаруалармен пікірлесіп, биылғы дала жұмыстарының жағдайын сұрастырды. Сондай-ақ, ел қатарлы Алакөлдің бал өнімдерін, Көксудың асқабағын, тағы да басқа күнделікті керекті азық-түлік сатып алды.

– Жәрмеңкеден өз ақшасына азық-түлік сатып алған облыс әкімін бірінші рет көріп тұрмын, – деп таңданды қала тұрғындарының бірі.

Облыс басшысы өзі бастамашы болып тауар сатып алған соң шаруалар да жұмысын көтеріңкі көңіл-күймен жалғастырды.

(Соңы 2-бетте)

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

Қырғызстаннан делегация келді

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсетуге байланысты демонстрациялық платформасы базасында оқудан өту үшін Қазақстанға Қырғызстанның денсаулық сақтау министрлігі өкілдері мен медициналық ұйым басшылары келді.

Қырғыз Республикасы делегациясының жұмыс сапары аясында Еңбекшіқазақ аудандық емханасында медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету тәжірибесін зерделеу үшін көпсалалы бригадаларды дамытудағы халықаралық үрдістер мен Қазақстандағы медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету реформасының тәжірибесі атты «дөңгелек үстел» өтті.

Іс-шара барысында медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету шеңберінде қызмет көрсету жүйелері мен оны дамытудың басым бағыттары және халықаралық тәжірибе егжей-тегжейлі талқыланды. Сондай-ақ, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының МСАК-ты қаржыландырудағы тәжірибесі және көптеген бейінді бригадалар мен отбасылық дәрігерлердің функционалдығы жөнінде мәселелер талқыланды.

Шара аясында ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Вячеслав Дудник 1978 жылы қабылданған Алматы декларациясы бойынша бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстанда медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсетуді ілгерілету мен дамыту басталғанын ерекше атап өтті.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Еңбекшіқазақ ауданы
Алматы облысы

Жанармай бекеті ашылды

Үштөбеде «Qazaq oil» жанармай құю бекеті ашылды. Шағын және орта кәсіпті дамыту мақсатында ашылған бекетте шағын маркет те бар.

Айдар ҚАЛИЕВ

Бекеттің ашылу салтанатында сөз алған «Qazaq oil» компаниясының атқарушы директоры Нариман Әбілшайықов:

– Шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында біз әр ауданнан осындай бекеттер ашудамыз. Кәсіпкер ашқан осындай бекеттерге біз қажетті тауарларды уақытында тасымалдауға дайынбыз. Оншақтысы біздің франшиза бойынша Қазақстанда жұмыс істеуде. Болашақта осы санды 60-қа дейін жеткізу жоспарымызда тұр. Елімізде «Qazaq oil» компаниясының 381 жанармай құю бекеті бар. Соның екі жүзден астамы жаңартылды. Қалғаны келесі жылдың соңына дейін халықаралық стандартқа сәйкестендіріліп, жоғары сапада қызмет көрсететін болады, – деп бекеттің жұмысы жайлы толықтай баяндады.

Тәулік бойы жұмыс істейтін жанармай бекеті соңғы үлгідегі техникамен жабдықталыпты. Енді жүргізушілерге күн-түн демей кофе ішіп, тәтті тоқаш секілді түрлі тағам алуға мүмкіндік бар.

«Qazaq oil» компаниясы мен жеке кәсіпкер арасындағы әріптестік байланыс негізінде ашылған жанармай бекетінің алаңы кең әрі жанармай бағасы да арзан. Бүгінде мұнда 9 адам жұмысқа орналасты. Барлығы жергілікті тұрғындар. Мамандар болашақта кәсіпкерлермен тығыз жұмыс істеп, басқа да аудандарға жанармай бекетін салатындығын айтты.

ЕЛ ІШІНЕН

Ел мен елді жалғайтын күре жолдардың жақсы болғанына не жетсін?! Жайсыз жол жолаушыларды шаршатып, уақытын зая кетіреді. Жолдың нашар болуы түрлі апатқа ұшыратады. Тіпті, адам өліміне дейін әкеледі.

Жыр болған жол жасалуда



Қанат БІРЖАНСАЛ

Кеген ауданы Қайқы асуында былтыр қырылып, күреліп, сол күйінде қалған республикалық маңызы бар жол Райымбек, Кеген аудандары тұрғындарының өкпе-ренішін туғызды. Тамыз айының басында сол асу тұсында екі аудан тұрғындары бірнеше сағат жолды жапқан болатын. Сол кезде «ҚазАвтоЖол» АҚ облыстық филиалының басшылары келіп, мердігер белгіленген соң қыркүйек айының ішінде көпті толғантқан 15 шақырым жолды жасаймыз деп уәде берген еді. Сол жол реттеліп, күпті көңілдер орнына түсуде. Қазір Кеген ауылынан шығып, асу ішіне кіргенге дейінгі жолдың бір бөлігі аяқталды. Жүртшылықтың республикалық маңызы бар Алматы – Нарынқол тас жолының Ақсай ауылы тұсынан бастап, Жалаңаш ауылына бұрылатын жерге дейінгі аралықтағы жолды жөндеп берсе деген тілегі бар. Бұл мәселе реттелсе, Алматы қаласынан Кеген ауылына дейінгі жол жақсарады деген сөз. Ал республикалық маңызы бар Кеген – Нарынқол арасындағы ойылған жолдар жамалып, ағымдағы жөндеуден өткізілуде. Маруся асуынан Нарынқол ауылына дейінгі жол жамалып бітті. Енді, Кеген ауылына дейін біраз жер қалды. Көп ұзамай бұл жұмыс та сәтімен аяқталады деген сенімдеміз.

Кеген ауданы
Алматы облысы

Қадірменді оқырман, қымбатты Жетісу жұртшылығы!

Алаш рухын арқалаған ақжолтай хабаршы, баршамызға бала кезден етене таныс, көзге ыстық, көңілге қымбат «Jetisý» газеті өзімен аттас Жетісу облысында жалауын желбіретіп отыр. Ғасыр асқан абыз басылым жер жаннаты Жетісу тұрғындарын ақпаратпен қамтуды ары қарай абыроймен жалғастырады. Облыс бөлінгенімен елдік мүдде, Отан деп соққан өршіл жүрек бөлінген жоқ. Ендеше, Жетісу облысында қазығын қаққан қара шаңырақ – көне басылым «Jetisý» газеті әр шаңырақтың төрінен табылсын! Жазылайық! «Jetisý» жетісулықтармен бірге!

«Jetisý» жетісулықтармен бірге!

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4400	8800
2.	Зейнеткерлер үшін	2450	4900
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2550	5100
4.	Жалпы жеке жазылу	3000	6000

Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40

БАСПАСӨЗ – 2023

«Jetisýdyń» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4000	8000
2.	Зейнеткерлер үшін	2050	4100
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2250	4500
4.	Жалпы жеке жазылу	2500	5000

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады:
8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87477061373, 87474106909

13 qazan

2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№116 (19111) АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ



Бар мәселе басты назарда

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевтің кезекті іссапары Қарадала өңірінде жалғасты. Облыс басшысы кездесуде елдің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді. Қойылған сауалдар негізінен әлеумет, білім, медицина, тұрғын үй, газдандыру, ауыл шаруашылығы, шағын және орта бизнесті дамыту, құрылыс және жалпы экономика салаларына қатысты болды. Сондай-ақ, жиында өңірдің соңғы 8 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы жан-жақты баяндалды.

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Халықпен кездесуде облыс әкімі аты аңызға айналған тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаровтың 100 жылдығымен құттықтап өтті. Әкім өз сөзінде Асанбай Асқаровтың елге сіңірген еңбегін, оның ішінде, Алматы облысының дамуына қосқан үлесі зор екенін тілге тиек етті.

Кездесуде облыс әкімі биылғы 8 айда өңір экономикасы бойынша барлық салада оң өзгеріс байқалып отырғанын мәлімдеді.

Мәселен, инвестиция 19 пайызға ұлғайған. Өңірден жалпы көлемі 500 млрд.теңгеге жуық салық түскен. Өнеркәсіп өндірісі 6,1 пайызға өсіп, шамамен қаржы көлемі 1 трлн. теңгені құраған.

– Дегенмен, облыста жүргізіліп жатқан игі жұмыстарға қарамастан, жекелеген салаларда бірқатар мәселелер туындап отыр, – деді Марат Елеусізұлы.

Сөзіміз дәлелді болу үшін Үйғыр ауданы ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егістік көлемі бойынша облыста 9-шы орында тұрғанын айтып өтсек те жеткілікті.

– Ауданның барлық егістік алқаптарының үштен бірін жүгері алқабы алады. Ал оның жалпы түсімі 83 мың тонна. Басқаша айтқанда, аудан облыс көлемінде өсірілетін жүгерінің төрттен бір бөлігін береді және облыс бойынша Еңбекшіқазақ ауданынан кейін екінші орында. Бұл, әрине, жақсы көрсеткіш. Алайда ауданда жүгері өңдейтін кәсіпорындар жоқ. Біз агроөнеркәсіп кешені өнімдерін қайта өңдеуді дамытуға тиіспіз. Бұл сала әлі күнге дейін дұрыс жолға қойылмаған. Бұл мәселені шешу керек, – деді облыс басшысы.

Қарадала өңірі жеміс-жидек, әсіресе, жүзім өсіру бойынша облыс көлемінде алдыңғы қатарға шыққан. Ауданда «Шонжы Агро» кәсіпорны танымал. Кәсіпорын 500 гектар жерде өрік, шабдалы, қара өрік және шие өсіреді және қайта өңдеумен айналысады.

– Ауданның жеміс-жидек дақылдары бойынша әлеуеті зор. Мұнда инвесторларды тарта отырып, қайта өңдеуді дамыту қажет. Сонымен қатар, ауданда жалпы сыйымдылығы 120 тонна болатын екі көкөніс сақтау қоймасы бар, біреуін күрделі жөндеуден өткізген жөн. Бұл қоймалар жиналған өнімнің тек 0,2 пайызын ғана сақтауды қамтамасыз етеді. Жалпы, өсімдік шаруашылығындағы негізгі мәселе – таулы аймақта орналасқан ауылдарда судың болмауы. Бұл мәселені шешу үшін тау өзендерінде су қоймаларын салуымыз керек, – деген Марат Елеусізұлы мал шаруашылығы, құс өсіру, бау-бақша, су жүйесінде де шешілмеген проблемалар бар екенін алға тартты. Бірақ оң динамиканы сақтау үшін аудан басшылығының қолдауымен шаруалардың күш-жігерін нақты іске, жүйелі жұмысқа бағыттау керектігін айтты. Бұл орайда құс шаруашылығында біршама жақсы көрсеткіштер сақталған.

Мәселен, өңірде «Прима Құс» құс фабрикасының құрылысы жүргізілуде. Бұл нысан іске қосылса, болашақта тағы 580 жұмыс орны ашылады деген сөз.

(Соңы 2-бетте)



САЙЛАУ – 2022

Дайындық ойдағыдай

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 20 қарашаға тағайындалғаны белгілі. Кеген ауданында да сайлауға дайындық жұмыстары қолға алынған.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Аудан бойынша 34 сайлау учаскесі әрі сайлау комиссиясы бар. Оның ішінде 31-і мектеп ғимаратында, 3-і жабық әскери бөлімнің ғимаратында орналасқан. Барлық сайлау комиссияларының құрамында 195 адам жұмыс істейді. Олардың сайлау өткізуге қатысты іс-тәжірибесі бар. Аталған 34 сайлау учаскесінің барлығы 84 кабинамен, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған 31 кабинамен қамтамасыз етілген.

Мұса Кенжебаев басқаратын Кеген аудандық сайлау комиссиясының құрамында 7 адам жұмыс істейді. Сайлау комиссиясының хатшысы Болат Молдабаев аудандық мәслихаттың 3-қабатындағы аудандық сайлау комиссиясының жұмыс бөлмесінде өз шаруаларымен айналысуда.

Кеген ауданы

ҚҰРЫЛЫС



Жоспарға сай

Көксу ауданында тұрғын үй кезегінде 1277 адам тұр, соның 1044-і Балпық би ауылы бойынша тіркелген. Осыған орай халықты қолжетімді баспанамен қамту мақсатында аудан орталығында 60 пәтерлік тұрғын үй салынуда. Азаматтар осы несиелік үйді «Отбасы банк» арқылы ала алады. Аудан әкімдігінің хабарлауынша, бүгінге дейін 439 адам өзінің төлем қабілеті бар екенін растайтын құжаттарын әзірлеп қойған.

Қажет АНДАС

Жобаның құны 1 млрд. теңгеден асады. Қазір кірпіш қалау, монолит жұмыстары кестеге сай жүріп жатыр. Қыста ішкі әрлеу ісіне кіріспек. Жергілікті тұрғындардан жасақталған жұмыс бригадасындағылар 400 мың теңгеге дейін жалақы алады. Тұрғын үй орталық жылу жүйесіне қосылады. Мердігер «Жаркент алғыр» құрылыс компаниясының өкілі Ақиық Ноғайдың айтуынша, тұрғын үй келесі жылдың басында қолданысқа тапсырылады. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынған несиелік үй кезектегі азаматтарға берілмек. Инженерлік-коммуникациялық желісі мен абаттандыруын конкурс бойынша жеңімпаз болып танылған тағы бір компания атқаруда.

Бесқайнар ауылындағы 25 орынды шағын орталығы бар 120 орынды мектеп құрылысы қарқынды. «Білім ордасы жоспарланған мерзімінен бұрын бітіп қалады», – дейді мердігер «АК Company» ЖШС өкілдері. Қазір құрылыс-монтаж жұмыстары 80, абаттандыруы 70, ішкі әрлеу жұмыстары 20 пайызға аяқталған. Мұнда 46 адам, 7 техника жұмысқа тартылған. Айта кетсек, бұл компания бұған дейін Талдықорғандағы көпсалалы ауруханаға, Оқушылар сарайын, IT мектеп-лицейін салып, Студенттер үйіне жаңғырту жұмысын жүргізген.

Ал Ақшатоған ауылындағы күніне 20 науқасты қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы да белгіленген кесте бойынша жүргізілуде. Қазір 15 жұмысшы нысанның ішін әрлеп, 9-ы сыртқы абаттандыруда. Құрылыс жұмысы 80 пайызға бітіп тұр, қазан айының соңына дейін толық аяқтау жоспарланған.

Көксу ауданы
Жетісу облысы

(3-бетке назар аударыңыз)

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Жұмыспен қамту – басты міндет

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кезекті Үкімет отырысында халықты жұмыспен қамту мәселесі қаралды. Онлайн жиынға қатысқан Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев күн тәртібінде талқыланған тақырыпқа орай аймақтағы жағдайды баяндады.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Марат Елеусізұлының айтуынша, еңбек нарығындағы жағдай тұрақты. Биыл облыс бойынша 28,5 мыңға жуық жұмыс орнын құру жоспарланып, бұл көрсеткіш жыл басынан бері 81,5 пайызға орындалған. Жылдың алғашқы жартысында жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызды құрады. Ұлттық жобалар шеңберінде 20 087 адам жұмыспен қамтылады деп көзделіп, нақты 9 237 жұмыс орны құрылған. Кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасына 23 мыңнан аса адам қатысып, 19 мыңы жұмысқа орналастырылған. Оның 89,3 пайызында міндетті зейнетақы жарналары бар.

Жалпы саны 229-ды құрайтын ірі және орта кәсіпорындарда 64 мың адам жұмыс істейді. Мұнда өндіріс көлемінің төмендеуі, жұмысшылардың қысқартуға ілігуі секілді жайттар тіркелмеген. Барлығы 5 мың кәсіпорынмен жұмыс орындарын сақтау мақсатында меморандум жасалған. Қазіргі уақытта тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру мәселесі жандандырылған. Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп, жұмысқа орналастырылғандардың міндетті зейнетақы жарналарын аударуына мониторинг қамтамасыз етілуде.

Соңында: «Еңбек нарығында қандай мамандыққа сұраныс көп, соған сәйкес жұмыс жүргізу қажет. Аса маңызды мәселе – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамту. Жұмыссыздарға өтініш жазбай-ақ, бос жұмыс орындарын ұсыну маңызды. Мұндай қызметтерді смартфон арқылы қолжетімді ету қажет», – деді Әлихан Асханұлы.

Сондай-ақ, ол жұмыс орындарын көбейтуге күш салып, ол үшін цифрлық технологияларға сүйенудің маңызды екенін, мемлекеттік органдардың жүйелерін толық интеграциялай отырып, жұмыспен қамту сервистерінің бәрін цифрландыру қажеттігін атап өтті.

Алматы облысы

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:
ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ — 2-бет
КЕНЕН ЖЕРІМ – КӨКСУЫМ! — 3-бет

Қадірменді оқырман, қымбатты Жетісу жұртшылығы!

Алаш рухын арқалаған ақжолтай хабаршы, баршамызға бала кезден етене таныс, көзге ыстық, көңілге қымбат «Jetisý» газеті өзімен аттас Жетісу облысында жалауын желбіретіп отыр. Ғасыр асқан абыз басылым жер жаннаты Жетісу тұрғындарын ақпаратпен қамтуды ары қарай абыроймен жалғастырады. Облыс бөлінгенімен елдік мүдде, Отан деп соққан өршіл жүрек бөлінген жоқ. Ендеше, Жетісу облысында қазығын қаққан қара шаңырақ – көне басылым «Jetisý» газеті әр шаңырақтың төрінен табылсын! Жазылайық!

«Jetisý» жетісулықтармен бірге!

«Jetisý» жетісулықтармен бірге!

Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40

БАСПАСӨЗ - 2023

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

«Jetisýdyń» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4400	8800
2.	Зейнеткерлер үшін	2450	4900
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2550	5100
4.	Жалпы жеке жазылу	3000	6000

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4000	8000
2.	Зейнеткерлер үшін	2050	4100
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2250	4500
4.	Жалпы жеке жазылу	2500	5000

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады:
8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87477061373, 87474106909

10 qarasha

2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№126 (19121) АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

САЛТАНАТ



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Мәдениет қызметкерлері марапатталды

Гүлжан ТҰРСЫН

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев өңірдің мәдениет пен өнер саласында жүрген қызметкерлерін марапаттады. Салтанатты шарада кезектен тыс Президент сайлауына дайындық барысы, саяси науқанға жұдырықтай жұмылып, белсенділік таныту жайы да сөз болып, тың ұсыныстар ортаға салынды.

Шарада сөз алған облыс әкімі Жетісу өлкесі ел руханиятының алтын бесігі екенін еске салып, қасиетті топырақта туған ұлы тұлғаларға тоқталды. Аймақтың дамуына үлес қосып жүрген өнер майталмандарын атап өтті.

– Өнер – үлкен тәрбие құралы. Жастарды құр сөз, құрғақ ақылмен тәрбиелей алмаймыз. Оларды өнерге баулу, көркем дүниеге талпындыру арқылы тәлім берген әлдеқайда нәтижелі болады. Сондықтан осы іске үлес қосып жүрген өнер иелерінің, мәдениет саласының ыстық-суығына шыдап жүрген қызметкерлердің де еңбегі құрметке лайық деп білемін, – деген Бейбіт Өксікбайұлы ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді өркендету жолында еңбек етіп келе жатқан жетісулықтарды марапаттады.

Салтанатты шарада елге белгілі дәстүрлі әнші, сазгер, ҚР Мәдениет қайраткері Гүлмайдан Сүндетоваға «Жетісу облысының Құрметті азаматы» атағы берілді. Сондай-ақ, жиында бірнеше өнер қызметкеріне «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі, Мәдениет және спорт министрінің, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттары тапсырылды.

Басқосуда әнші Гүлмайдан Сүндетова сөз алып, қуанышымен бөліскен жетісулық ел-жұртқа алғысын білдірді. Өз сөзінде ол Талдықорғандағы жаңадан ашылған музыка мектебіне Ақын Сараның есімін беру туралы ұсынысын айтты. Ал Қазақстанның Құрметті журналисі Әміре Әрін ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың игі бастамалары мен Әділетті Қазақстан құру жолындағы жұмыстарына тоқталып, барша халықты сайлауда белсенділік көрсетуге шақырды. Ардагер журналист Мемлекет басшысының ел басына күн туған кешегі Қаңтар оқиғасы кезіндегі ерен ерлігін сөз етіп, халықтың ауызбіршілігі бәрінен маңызды екенін айтты. Жиында сөз сөйлеген айтыскер ақын Айтақын Бұлғақов болса, Талдықорғандағы орталық алаңға Абайдың ескерткішін тұрғызу туралы ұсынысын жеткізді.

Жетісу облысы

ФОРУМ

Жастарды жігерлендірді

Қонаев қаласындағы Мәдениет үйінде «Отансүйгіштік – ұлттық рухтың асқақ белгісі» атты облыстық әскери-патриоттық форум өтті. Шара аясында «Жас сарбаз», «Робототехника» көрмесі ұйымдастырылды. Онда облыс оқушыларының робототехника саласында, спортта, оқуда жеткен жетістіктері паш етілді.

Алма ЕСЕНБАЙ



Форумды ашқан Алматы облыстық білім басқармасының басшысы Салтанат Беспаева жас ұрпақты отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеудің маңызы зор екенін атап өтті. Осы орайда «Жас сарбаз» республикалық балалар мен жасөспірімдердің әскери-патриоттық қозғалысы жұмыс істейтінін, әскери-патриоттық клубтарда 16 775 бала, кадет сыныптарында 1194 оқушы білім алып жатқанын жеткізді. Осы салада еңбек етіп жүрген үздік мамандарды Алматы облыстық білім басқармасының Алғыс хатымен марапаттады.

Шараға ережесіз жекпе-жектен әлемнің үш дүркін чемпионы, панкратион мен бушидодан әлем кубогының иегері Ардақ Назаров, ережесіз жекпе-жектен әлем чемпионы Сырым Бектұрсын, дәстүрлі әнші Санат Қанатбекұлы қатысты.

Ардақ Назаров жастармен етене әңгіме-дүкен құрып, қызығушылықтарына мән берді. Отанды сүйіп, жақсы сабақ оқып, спортқа да, өнерге де жақын болуға шақырды. Балаларды сахнаға шығарып, спорттық мүмкіндігін сынады. Сонымен қатар оқушыларға Абай, Мұқағали өлеңдерін оқытып, үздіктерді марапаттады. Өзінің жетістікке жету жолымен бөлісіп, еңбекқорлық, отансүйгіштік, адамгершілік, жауапкершілік секілді адам бойындағы асыл қасиеттер туралы сөз қозғады.

– Әр адам айына бір кітап оқу керек. Ол үшін бала кезден кітап оқуды дағдыға айналдыру қажет. Кітап оқысаңдар жан-жақты, білімді, отансүйгіш болып өсесіңдер. Сондықтан кітап оқып, ақындардың өлеңдерін жатқа білулерің қажет. Спортты да өмірлеріңе серік етіңдер. Сонда батыл, жігерлі болып қалыптасасыңдар. Бауыржан аталарыңның батылдығы мен батырлығын бойларыңа сіңіріп, Абай аталарыңдай дана болып өсесіңер, – деп оқушыларға ақыл-кеңесін айтып, жігерлендірді.

Жиын соңында кадет сыныптары көрініс қойып, жас өнерпаздар концерттік бағдарлама ұсынды.

Қонаев қаласы
Алматы облысы

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Қамданған қапы қалмайды

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовтың төрағалығымен қысқа дайындық және осы кезеңде қауіпсіздікті сақтау, биылғы шомылу маусымының қорытындысы, жылыту маусымы және халық арасында өрт қауіпсіздігін сақтау іс-шараларын қамтамасыз ету, «Қыс – 2022» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуын өткізу жөнінде мәселелер қаралды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жылыту маусымын ойдағыдай өткізу күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі. Осыған байланысты жиында салаға жауапты мамандардың баяндамалары тыңдалды. Жылыту маусымында төтенше жағдайлар туындатпай, ойдағыдай өткізу үшін қолға алынып жатқан шаралар пысықталып, көкейкесті мәселелер қозғалды.

Белгілі болғандай, осы жылдың өткен кезеңінде облыс аумағында 457 өрт тіркелген. Материалдық шығыны 54,7 млн. теңгені құрайтын өртте 14 адам қаза тауып, бір адам жарақат алған. 2022 – 2023 жылыту кезеңі қарсаңында облыс халқының әлеуметтік осал топтары тұратын 1492 үйде 926 көміртегі тотығын анықтау құрылғысы мен 566 түтін детекторы орнатылған. Осындай тағы 459 үйге жалпы сомасы 5 миллион теңгеден аса сомаға 319 көміртегі тотығын анықтайтын құрылғы мен қосымша 140 түтін детекторын орнату көзделген.

Бүгінде төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында жеке тұрғын үй иелерімен жиындар өткізілуде. Әр аптаның сенбісінде жеке құрамды тарта отырып, тұрғын үй секторында «өрт қауіпсіздігі сенбіліктері» атты шара ұйымдастырылады.

Қыс кезінде автокөлік жолдарындағы қауіпсіздікті сақтау да маңызды. Алматы облысындағы автомобиль жолдарының ұзындығы 2817 шақырымды құрайды, онда жалпы ұзындығы 257 шақырым болатын 11 қарлы телім бар, олардың 6-ы республикалық маңызы бар, 5-уі облыстық маңызы бар жолдарда орналасқан. Қар көшкіні қаупі бар тұстардың күнделікті мониторингі үшін биылғы 1 желтоқсаннан бастап бақылаушылардың 3 желілік бағыты жоспарланған. Биыл профилактикалық іс-шараларға облыстық бюджеттен 69 млн. теңге бөлінген, оның 39 млн. теңгесі 2022–2023 жылдардағы қысқы кезеңде аэровизуалды тексеру қызметтеріне жоспарланған.

Төтенше жағдай аймақтарынан байланыс пен жедел ақпарат алмасу үшін құтқару бөлімшелері VHF қамту аймағынан тыс 10 спутниктік телефонымен қамтылған. Жалпы, қысқы мезгілде төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында талапқа сай жұмыстар өз деңгейінде жүргізілуде.

Қыс мезгілінде ауа райы нашарлаған жағдайда автожолдардағы қауіпсіздікті сақтауға арналған техникалар да сақадай сай.

Лаззат Махатұлы комиссия отырысында қаралған барлық мәселеге орай сала мамандарына тапсырма жүктеді. Әсіресе, жылыту кезеңін кедергісіз өткізу бағытындағы жұмыстарды әрдайым бақылауда ұстауды міндеттеді.

Алматы облысы

ЖИЫН-ТЕРІН

Жетісу облысы аграрлы аймақ санатына жататындықтан тұрғындар бар үмітін қара жерден алынатын өнімге артады. Биыл диқандарға жайлы болды. Жауын-шашын да, қолайлы ауа райы да, күзгі жиын-терін кезіндегі дайындықтың бекемдігі де ел берекесін арттырды.



Шаруаның көңілі тоқ

Қажет АНДАС

Жалпы, ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 517,2 мың гектарды құрады. Бүгінде дәнді, майлы және бақша дақылдары, картоп, көкөніс, жеміс-жидек толық жиналды. Өнімділік бойынша айтсақ, 828,3 мың тонна дәнді дақыл, 202,2 мың тонна майлы дақыл, 249,5 мың тонна картоп, 221,5 мың тонна көкөніс, 29,2 мың тонна жеміс-жидек, 1,15 мың тонна жүзім, 51,0 тонна бақша дақылдары бастырылған. Өнімдердің гектар берекелігі де өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болғаны байқалады.

Жетісудың брендіне айналған қант қызылшасын жинау жұмысы да қазан айынан бастап қауырт қолға алынды. Бүгінгі таңда 3,4 мың гектар қант қызылшасы қазылып, 140,0 мың тонна өнім жиналған. Қазір де қант қызылшасын қазу жұмысы жүріп жатыр. Көп өтпей бұл науқанның да сіргесі жиналады. Қазіргі болжам бойынша қант қызылшасы жоспарланған мөлшерден асып түспесе, кем болмайды.

Осы жетістікті әлсіретіп алмау үшін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының тапсырмасы және жергілікті жердің ұйымдастыруымен келесі жылға қамдалуда. Бүгінгі күнге 124,7 мың гектар сүдігер жыртылып, жоспар 99 пайызға орындалған. Айрықша айта кетерлігі, жоспарланған 8,1 мың гектар терең сүдігердің 6,9 мың гектары немесе 85 пайызы дайын. Сонымен қатар, 68,2 мың гектарға күздік дақылдар егілген.

Жалпы, алынған өнім де, келесі жылдың жоспары да толық орындалған.

Жетісу облысы

БАСПАСӨЗ – 2023

«Jetisý» жетісулықтармен бірге!

Қадірменді оқырман, қымбатты Жетісу жұртшылығы!



Алаш рухын арқалаған ақжолтай хабаршы, баршамызға бала кезден етене таныс, көзге ыстық, көңілге қымбат «Jetisý» газеті өзімен аттас Жетісу облысында жалауын желбіретіп отыр. Ғасыр асқан абыз басылым жер жаннаты Жетісу тұрғындарын ақпаратпен қамтуды ары қарай абыроймен жалғастырады. Облыс бөлінгенімен елдік мүдде, Отан деп соққан өршіл жүрек бөлінген жоқ. Ендеше, Жетісу облысында қазығын қаққан қара шаңырақ – көне басылым «Jetisý» газеті әр шаңырақтың төрінен табылсын!

Жазылайық! «Jetisý» жетісулықтармен бірге!

Жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруға болады.

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4400	8800
2.	Зейнеткерлер үшін	2450	4900
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2550	5100
4.	Жалпы жеке жазылу	3000	6000

«Jetisýdyń» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4000	8000
2.	Зейнеткерлер үшін	2050	4100
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2250	4500
4.	Жалпы жеке жазылу	2500	5000

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады:
8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87477061373, 87474106909

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА

Биылғы жыл еліміз үшін көптеген елеулі оқиғаларға толы болды. Қаралы қаңтардың зардабы мен залалын сезініп, мемлекетті сақтап қалудың маңыздылығын ұғындық. Мемлекет басшысы екі рет Жолдау жариялады. Наурыз айында жарияланған бірінші Жолдау саяси бағытта өрбісе, 1 қыркүйекте жарияланған екіншісі әлеуметтік-экономикалық бағытта жасалды.



Сана жаңғырып, ой-өріс кеңейді

Сол себепті биылғы жыл Қазақстан Республикасы үшін жаңару жылы болғанын білуге болады. Соңғы 30 жылдың ішінде әділетсіздікті көріп, шаршаған қоғам тазаруды, жаңаруды қалады. Соған сәйкес 5 маусымда бүкілхалықтық референдум өтіп, Конституцияға өзгертулер енгізілді. Атап айтқанда, 25 жылдан бері болмаған референдумда 1995 жылы қабылданған Конституцияның 33 бабына өзгерту енгізілгені жаңарудың алғашқы қадамдарынан еді. Осы өзгерістерден кейін көп ұзамай Мемлекет басшысы Президентті 7 жылдық 1 мерзімге ғана сайлау керектігін ұсынып, осы жылдардың ішінде алға қойған реформаларын толық жүзеге асыратынына халықтың сенуін әрі қолдау білдіруін сұраған болатын. Сондықтан 20 қарашада өткен кезектен тыс Президент сайлауы сол сенімді ақтайтын қадам дер едім.

Жылдан-жылға адам баласының ойлануы, ақпаратты қабылдауы жылдам жүре бастады. Мысалы, ертеректе сағаттап көрсетілетін телесериалдардың уақыты қысқарды. Бұрын ролик көретін жұртшылық қазір тик-токқа назар аударады. Яғни, адамдардың ақпарат қабылдауы да шектеліп келе жатыр. Адамзат санасындағы мұндай өзгерісті таныған Президенттің 7 жылдық мерзімді алуы да бекер емес. Себебі, 2-3 кезеңдік ұзақ мерзімге көз тіккен жан аяғын күткісі келмейді. Батыстық демократияны көрген, халықаралық ұйымда беделі бар Мемлекет басшысының ұзақ жыл бойы дипломатиялық қызметте жүргенде әр елдің басқару модельдерін зерттеп, зерделеп, ойына түйіп жүргенін байқау қиын емес. Өйткені, Қаңтар оқиғасынан кейін ол кісі көптеген жаңашыл дүниелерді ұсынып отырды. Оны іске асыруға, халыққа жеткізуге үлгере алмай жатқанымыз жасырын емес. Іштей түйінделіп шыққан туынды секілді «Мына бағытта жұмыс істейміз», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет құрамыз», «Парламентті күшейтеміз», «Мен өз мерзімімді қысқартамын», «Туыстарымды билікке әкелмеймін» деген тың бастамаларды ұсынды. Егер дәл осындай шынайы ниеттен туған қадамдар жасамаса сайлауда жалпыхалықтық қолдау таппайтыны белгілі еді. Себебі, бұрынғы жүйе мен қазіргі жүйенің айырмашылығы көп емес. Сондықтан биылғы кезектен тыс Президент сайлауы орны ерекше, тарихқа қалатын саяси оқиға ретінде тіркелді деп білемін.

Жалпы, әлемдік геосаяси жағдай күннен-күнге өзгеріп, дамып, жаңарып жатыр. Украина мен Ресейдегі жағдай, Қытайдағы бұлқыныс осының дәлелі. Орталық Азияда да мұндай жаңғырудан тыс қалмай тұр. Жалпыадамзаттық жаңарудың жолына барлық мемлекеттер түсіп барады. Одан бізде сырттай алмаймыз. Сол себепті, әрбір азамат жаңаруды, жаңғыруды өзінен бастаса едәуір нәтижеге қол жеткізер едік. Әрбір азаматтан мемлекет құралатынын ескерсек, елімізді жақсы жағына дамыту, изгілікке құрылған мемлекетке айналдыру аса қиын емес. Ол үшін сайлауалды тұғырнамасын «Әділетті мемлекет», «Әділетті экономика», «Әділетті қоғам» деген үш тарауға бөліп таныстырған Қасым-Жомарт Тоқаевтың ақ туының астында бірлесуіміз керек. «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығаратын кезең келіп тұр.

Жаңарудың басы сайлау бюллетеніне енгізілген «бәріне қарсымын» деген графаның кіргізілуінен анық байқалады. Бұл, әрине, керек. Себебі, әр өңірдегі саяси-қоғамдық пікірді, халықтың ойын, пейілін сол арқылы білуге болады. Егер мұндай графа болмаса кандидаттардың біреуін ұнаса да, ұнамаса да таңдауға тура келеді. Осының өзі азаматтың таңдауына жасалған шектеу болар еді. Ал, «бәріне қарсымын» деген сөзді таңдағандарға қарап, сол аймақтың көңілкүйін, пейілін білу аса қиын емес. Бұл батыс елдерінде бұрыннан бар үрдіс. Сол бізге де келіп жатыр. Алдағы Парламент, мәслихат сайлауларында халықтың ықылас-пейілін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Сол арқылы кеткен кемшілікті түзете аламыз.

Болат КЕРІМБЕК,
Жетісу облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Бірде-бір өтініш аяқсыз қалмайды

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев тұрғындарды қабылдап, көпшілікті алаңдатқан мәселелерді шешудің жолдарын қарастырды. Қоғамдық қабылдауға жазылған 10 адамның басым бөлігі негізінен баспанаға қатысты сауалдарды ортаға салып, көмек сұрады.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Қабылдауға алғашқы болып кірген Жанар Бекқалиева тұрғын үйдің кезегіне 2014 жылы тұрғанын, алайда жыл өткен сайын алға жылжудың орнына кері кетіп бара жатқан кезегіне қатысты шағымданып, I топтағы мүгедек баласымен пәтер жалдап тұратынын алға тартты. Осыған орай Талдықорған қаласының әкімі Әсет Масабаевтан мәселені түсіндіріп беруді сұраған Бейбіт Өксікбайұлы соңғы жылдары үйдің кезегіне тұрушыларды әлеуметтік топтарға бөліп, іріктеудің кесірінен кезек нөмірінің ауысқанын, соған байланысты келеңсіздік орын алғанын анықтады. Мүгедек баласын баға жүріп, қаладан үй алуды мақсат еткен ананың өтінішін түсінген өңір басшысы қала әкіміне кезекті қайта қарап, тиісті түзетуді енгізуді тапсырды. Сол арқылы заңды кезегін қалпына келген зейнеткер 1-2 жылдың бедерінде баспанаға қол жеткізетінін атап өткен Бейбіт Исабаев түйткілді мәселені дұрыс шешуді қала әкіміне қайтара міндеттеді.

Одан кейін Хұсайын Мұстафа есімді қала тұрғыны Талдықорған қаласының көрнекті жеріне Чернобыль апатының құрбандарына арналған ескерткіш орнату және 2015 жылы алған пәтерін жекешелендіру сынды екі мәселені ортаға салды. Алғашқы сауалды ескерткішке кететін шығынды есептеп, қажетті қаржысын бюджет есебінен шығаруды тапсырған Бейбіт Өксікбайұлы қала әкіміне монументті Жеңіс саябағының көрнекті тұсына орнату керектігін ескертті. Одан соң облыс орталығында неше жылдан бері қордаланған мәселе – пәтер жекешелендіру тек сот арқылы ғана жүзеге асырылатынын жеткізген Талдықорған қаласының әкімі Әсет Масабаев күрмеуі қиын мәселенің біртіндеп шешіліп келе жатқанын, соған орай қазіргі қалыптасып отырған жағдайға әрбір тұрғын түсіністікпен қарағаны жөн екенін айтты. Хұсайын Мұстафаның пәтері жекешеленбеуіне көптеген нәрсенің ықпал етіп отырғанын, соның ішінде әйелінің атында пәтер барлығы себепті қаладағы тұрғын үй комиссиясының мүшелерінен толық қолдау таппағанын алға тартқан қала басшысы істі қайтадан сотқа шағымдану арқылы қозғау керектігін, сонда ғана медиация арқылы қос тарап келісімге келуі мүмкін екенін ұғындырды. Осындай тәртіппен жүретін жекешелендіру ісіне тұрғындардың түсіністікпен қарап, мәселені ушықтырудың орнына дұрыс жолмен шешуі керектігін ескерткен Бейбіт Өксікбайұлы тұрғын көтерген мәселені қысқа уақыттың ішінде шешуді және нәтижесін өзіне хабарлауды қала әкіміне тапсырды.

Баспана мәселесі екі бала өсіріп отырған Жазира Нұрсейітті де мазалайды. Үйдің кезегіне 2020 жылы ғана тұруына байланысты жақын арада пәтер ала алмайды. Осыған орай бұрынғы әскери қызметкер жұмысқа орналасқысы, атаулы әлеуметтік көмек немесе басқа қаржылай қолдау алғысы келетінін жеткізіп, көмектесуді сұрады.

Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Е.Мизанбаевтың айтуынша, жұмысқа орналасқан жағдайда табысы есептелетін жалғызбасты ананың атаулы әлеуметтік көмек алуына мүмкіндік туады. Оның үстіне мектеп жасындағы баласына тегін тамақ, мектеп формасы және қажетті құрал-жабдықтар беріледі. Кіші баласы балабақшаға тегін қабылданады. Одан бөлек, 1-ден 6 жасқа дейінгі балаларға 3 ай сайын құрамына азық-түлік және тұрмыстық қажеттіліктер кіргізілген мемлекеттік атаулы көмек беріледі.

Тағы бір талдықорғандық тұрғын Бауыржан Асхатбек те жұмысқа орналасқысы келеді. Себебі, дипломды заңгер денсаулығына байланысты әлеуметтік жұмыс орнына орналаса алмай жүр. Кез келген жер ала бермейді. Осыған орай жауапты сала мамандарына тапсырма берген Бейбіт Исабаев қажетті көмек көрсетілетінін жеткізді.

Сегіз бала өсіріп отырған Айнагүл Тоқпанбетова коттеджді қалашықтың мәселесін көтерді. Көпбалалы ананың айтуынша, кезегі жетіп алған коттедждің сапасы сын көтермейді. Соған байланысты кемшілікті түзетуге және баспананы заңдастыруға көмек сұрап отырғанын жеткізген Айнагүл Мұхаметәлиқызы қалашық тұрғындарының атынан №13 автобустың маршрутын ұзартуды және қоғамдық көліктің санын көбейтуді өтініш ретінде айтып өтті. Одан бөлек, қоғамдық көлік жүргізушілерінің мәдениетсіздігін, 3-ші бөлімшеге апаратын жолдың тозығы жеткендіктен жөндеу жұмыстары қажеттігін, қалашықтағы амбулатория науқастарды тек түске дейін ғана қабылдайтынын, дәріхана мен тіс дәрігерінің жоқтығын атап өткен көпбалалы ана көгалдандыру жұмыстарындағы кемшілікті, отырғызылған ағаштардың суарылмайтынын да тілге тиек етті. Осыған орай қала әкімдігі прокуратурамен бірлесіп, коттеджді қалашықтағы барлық үйлерді тексеріп жатқанын айтқан Бейбіт Өксікбайұлы құрылысты жүргізген мердігер компаниялар соттың өкімімен кеткен кемшіліктерді түзететініне, орындамаған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылатынына тоқталды. Бұл абаттандыру және көгалдандыру мәселесіне де қатысты. Қосымша автобус келер жылдан бастап бөлінеді. Жолға келер болсақ, қазір қалашыққа су құбыры, одан соң газ құбыры жүргізіліп жатыр. Сондықтан жолды жөндеу жұмыстары құбыр тарту аяқталған соң ғана қолға алынады. Ал, медициналық амбулатория қызметкерлерінің жұмыс уақытын қысқартуына қатысты деректі анықтау керек. Ол мәселемен облыстық денсаулық сақтау басқармасының мамандары айналысса, дәріхана мен тіс емдеу орталығы жеке кәсіпкерлік нысанына жататындықтан кәсіпкерлер қолға алуы тиіс. Көпбалалы анаға берілген баспанаға жөндеу жұмыстары қажеттігін қызы Бибігүл Жүнісова көтерсе, Айжан Серғазинова үйдің кезегін қалпына келтіруді сұрады. 1 бөлмелі пәтерде бойжеткен қызы мен кішкентайынан мүгедектікке шалдыққан ұлымен бірге тұратын Нұргүл Түйебаева баспанасының тарлық ететінін алға тартып, үйін демеушілердің көмегімен кеңейтуге және қызын жұмысқа орналастыруға жәрдем сұрады.

Кербұлақ ауданы, Онжас ауылының тұрғыны Арман Балхашев өзіне тиесілі 3 гектар жерді әлдебір кәсіпкердің заңсыз жолмен тартып алғанын айтса, Талдықорған қаласының Дана есімді тұрғыны өзіне ақшалай айыппұл негізсіз салынғанын алға тартып, соттың қарауына берген шағымы қаралып жатқанын жеткізді. Бейбіт Исабаев кімнің ақ екенін, кімнің заң бұзғанын анықтауды тиісті орындарға тапсырды.

Қабылдауға келгендердің барлығын мұқият тыңдап, барлығына тиісінше жауап қайтарған облыс әкімі бірде-бір өтініштің аяқсыз қалмайтынын жеткізді. Жауапты тұлғаларға аралығына заңмен белгіленген мерзімде қарастырып, шығарылған шешімдер мен қабылданған шаралар туралы арызданушыларды дер кезінде құлақтандыруды міндеттеді. Сонымен бірге айтылған мәселелердің өзінің жеке бақылауында болатынын да ескертті.

САЙЛАУ

Алматы облысының аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Қонаев қаласы, Койчуманов көшесі, 4, тел.:8-72772-2-83-81.
Комиссия төрағасы – Айтова Мейрамгүл Қазбекқызы
Комиссия төрағасының орынбасары – Садықов Ерзат Мұратұлы
Комиссия хатшысы – Қанатова Анар Қанатқызы
Комиссия мүшелері – Байтасова Бижамал Әбенқызы, Махметов Саят Дүйсенханұлы, Бөрібаев Дулат Болатұлы, Қаңтарбаев Әсет Құдайбергенұлы.

Жетісу облысының аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі, 113, тел.: 411025.
Комиссия төрағасы –Даутов Тимур Ермекұлы
Комиссия төрағасының орынбасары – Сабитов Ержан Мұратұлы
Комиссия хатшысы – Интенгенов Замир Рафикович
Комиссия мүшелері – Албанбекова Мадина Дарқанқызы, Бейсенбаева Сандуғаш Базарбайқызы, Жақсылық Қахарман Еркінайұлы, Қаңтарбаев Құдайберген Сәрсенбайұлы

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Бүгінгі қоғам кәсіби білімі жоғары, бәсекеге қабілетті маманды талап етеді. Әркім өз ісінің білгірі болуы тиіс. Бұл орайда «Іс тетігін маман шешеді» деген тәмсілге сүйенуіміз керек. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін әрқашан тәжірибе жетілдіріліп отыруы тиіс.

Іс тетігін маман шешеді

Сондай-ақ, мұғалімдер үйретін тақырыбын жетік білуі керек. Олар әрқашан оқыту әдісін жетілдіріп, дәріс берудің заманауи мүмкіндігін пайдаланып, жаңашылдықпен жұмыс істей алғаны жөн. Кәсіби білімді жетілдіру – мұғалімнің міндеті. Білім беру жүйесін дамыту арқылы мемлекетті алдыңғы қатарлы елдермен теңестіреміз. Бүгінгі таңда заманауи дәріс беруді үйрететін көшпелі оқыту курстарының қатары көбейіп, педагогтердің білімін жетілдіруге оң әсер етуде.

Кербұлақ ауданына қарасты Сарыөзек ауылындағы Күреңбел қазақ орта мектебінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы «Бастауыш сынып (1-4-сыныптар) мұғалімдерінің «Математика», «Қазақ тілі» және «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерді дамыту» тақырыбында курс өткізді. Нәтижесінде, ауданның әр мектебінен келген бастауыш сынып мұғалімдері кәсіби біліктілігін жетілдіру үшін екі апталық курстан өтіп, сертификатқа ие болды. Білімді де білікті маман, тренер Арай Қарсыбаева жүргізген. Курстың мақсаты – бастауыш сыныптың қазақ тілі, әдебиет және математика пәндерінің оқу бағдарламаларын дамыту. Әр педагог курстың басталуында – кіріс, аяқталарда– шығыс сынағын тапсырады. Сондай-ақ, үш пән бойынша қысқамерзімді жоспар құрып, жазды. Екі аптаның ішінде мұғалімдер кәсіби білімін жетілдіріп, сертификат иеленді. Мұндай курста ұстаздар жаңаша оқытудың әдістерін меңгереді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса – оның білім беру деңгейі де соғұрлым жоғары болмақ.


Эльмира ШЫНЫБАЕВА,
Д. Қонаев атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Кербұлақ ауданы
Жетісу облысы

ҚҰРЫЛЫС

Әкімдік ғимараты пайдалануға жақын

Қаңтардағы жаппай тәртіпсіздік кезінде бүлінген облыс әкімшілігінің ғимаратын қалпына келтіру жұмысы қарқынды жүргізілуде. Кезінде тіршілігі қайнап жататын ғимараттың қайтадан жаңғырып, ел өркениеті үшін еңбек ететіндерге жағдай жасалуын қадағалап отырғандар да көп.



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕК

Қажет АНДАС

Облыстық құрылыс басқармасының мәліметіне қарағанда, ағымдағы жылдың 19 мамырындағы ҚР Үкіметінің №147 Қаулысына сәйкес облыс әкімдігінің ғимаратын жаңғырту жұмысына жеткілікті қаржы қарастырылған. Бір көзден сатып алу тәсілімен тікелей шарт тұжырымы жасалып, 20 сәуірде құрылыс жұмысы «ТехноСнаб 2002» ЖШС құзырына тапсырылған. Мердігерлік ұйыммен жасалған шарт бойынша жалпы сомасы 5 235,8 млн. теңгені құрады.

Осы жылдың 12 тамызында жобаның сараптама қорытындысы алынып, Жетісу облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына құрылыс-монтаж жұмыстары басталып, келесі жылдың 23 қаңтарында толық жөнделіп бітеді деп көрсетілді. Бүгінге дейін бөлінген қаржының 3160,9 млн. теңгесі игерілген. Оның ішінде алдын ала 1370,0 млн. теңге төлем төленген. Қазір ғимаратты сейсмикалық күшейту, бөлімдер салу, еден төсеу, электрмен, сумен жабдықтау, желдету, кәріз, жылыту, желдету жүйесі және плиткаларды, керамогранит плиткаларын төсеу бойынша жұмыстар аяқталып, касбет, әрлеу, өрт сатыларын орнату жүргізілуде. Оған 120 жұмысшы және 5 бірлік техника тартылған.

Жөндеу, қалпына келтіру, негізгі құрылымдарды күшейту «ҚазҚСҒЗИ» АҚ-ның қорытындысына сәйкес атқарылуда. Барлық жобалық шешімдер ғимараттың қолданысқа берілгеннен кейін өзгертілген нормативтік құжаттардың, яғни санитарлық нормалар, өрт қауіпсіздігі және сейсмокүшейту жөніндегі нормативтік талаптардың негізінде қабылданған. Сөйтіп жаңа талаппен күрделі жөндеуден өтетін ғимараттың техникалық әлеуеті күшейтіледі.

Талдықорған қаласы
Жетісу облысы

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

СЕССИЯ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Бюджетке өзгеріс енгізілді

Алматы облыстық мәслихатының кезекті XXXI сессиясы өтті. Облыстық мәслихат хатшысы Дәулет Жарасбаев төрағалық еткен жиында бірнеше мәселе қаралды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Сессияда облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 12-59 «Алматы облысының 2022– 2024 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізіліп, облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттердің арасындағы 2023–2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы шешімнің жобасы талқыланды. Сондай-ақ, облыстың 2023–2025 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы шешімінің жобасы нақтыланып, облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 14-80 «Алматы облысы Іле ауданы серіктес – қала Гейт Сити Бас жоспарын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізілді.

Облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Ораз Асыланның айтуынша, 2023 жылға арналған облыс бюджетінің жобасы – 743,5 млрд. теңге, 2024 жылы 823,8 млрд. теңге, 2025жылы 951,6 млрд. теңгені құрайды. Бүгінде облыста баспанаға мұқтаж 36 мың адам кезекте тұр. Жалпы, 2023 жылға арналған денсаулық сақтау бойынша медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін 2,1 млрд. теңгеге 60-тан аса санитарлық автокөлік лизингке сатып алынбақ. Әлеуметтік қамсыздандыруға 31,2 млрд. теңге бағыттау жоспарлануда. «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында 54 ауылдық елді мекенде 16,4 млрд. теңгеге 80 жоба қамтылмақ.

Сессияда облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев 2023–2025 жылдарға арналған шығыстар бойынша бюджетті қалыптастыру кезінде Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспарда көзделген іс-шараларды, Ұлттық жобаларда, облыстың даму бағдарламасында және елді мекендердегі есептік кездесулерде көтерілген мәселелерді іске асыруға басымдық берілетінін сөз етті. Сонымен бірге, үшауысымды мектептерді жою, тұрғын үймен қамтамасыз ету, ирригациялық арналарды жөндеу, елді мекендерді газдандыру, сумен жабдықтау, жол жөндеу, шағын және орта бизнесті қолдау сияқты проблемалық мәселелердің ескерілетіні, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы 3 жылда толық жабдықталған және заманауи талапқа сай келетін 63 мектеп, облыс бойынша 38 денсаулық сақтау мекемесін салу жоспарланып отырғаны тілге тиек етілді.

– Мемлекет басшысының Қонаев қаласына сапары кезінде G-4 City аумағында және Қонаев қаласында арнайы экономикалық аймақ (СЭЗ) құру жайлы тапсырма берілді. Бұл қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға, инвесторлар тартуға және облысқа жыл сайынғы туристер әкелуге мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешу үшін 111,8 мың гектар аумақта Бас жоспар әзірлеу қажет. Онда перспективалы халық саны 2 183,8 мың адам болады деп күтілуде. Жыл соңына дейін облыс орталығының жаңа Бас жоспары дайындалады, онда ауданы 10,5 мың гектар «Жаңа Іле» әкімшілік-қоғамдық орталығының құрылысын жүргізу көзделуде. Бас жоспар аясында Драма театры, Жастар үйі, Неке сарайы, Орталық стадион, перинаталдық орталық, концерт залы, мұражай, Халыққа қызмет көрсету орталығы, көпсалалы аурухана, спорт кешені сияқты ірі нысандардың құрылысы жүргізіледі– деді аймақ басшысы.

Бұл жобалар республикалық және жергілікті бюджет қаражатынан және жеке инвестициялар есебінен қаржыландырылады. Келешекте Қонаев қаласы елдің жаңа экономикалық өсім нүктелерінің біріне айналып, Алматы агломерациясының дамуына қуатты серпін бермек. Сессия соңында бюджетке енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға бірауыздан қолдау көрсеткен депутаттарға алғыс айтылды.

Алматы облысы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің күніне орай салтанатты жиын өтті. Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өнімдері қойылған көрмені тамашалап, жиынға келген көпшілікті мерекемен құттықтады.

Еңбек түбі береке

Қажет АНДАС

Облыс әкімінің айтуынша, жері құнарлы Жетісу өлкесі ауыл шаруашылығын дамытудағы маңызды аймақ. Биыл ауыл шаруашылығы саласы өз міндетін толығымен орындап шығыпты. Нәтижесінде аймақтағы ауыл шаруашылығы техникасының саны артып, машина, трактор паркі жаңарған. Су үнемдеу технологиясы енгізіліп, минералды тыңайтқышты қолдану көлемі өскен. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімі еселеніп, мал шаруашылығына берілетін демеуқаржы көлемі көбейіпті.

Десе де, облыста мал етін өндейтін және құс етін шығаратын ірі кәсіпорын жоқ. Сондықтан алдағы уақытта осы бағыттағы жұмысты ширату керек.

– Биыл ветеринария мамандарының жалақысы 30 пайызға өсті. Алдағы уақытта тағы да жоғарылатамыз, – деген облыс басшысы ветеринариялық қауіпсіздікті мықтап қолға алу керегін де ескертті. Сонымен қатар, сала еңбеккерлерін қажетті автокөлікпен қамту және қосымша модульдік пункттер ашу мақсатындағы қаржылай қолдаудың көлемі артатынын да жеткізді.

Алдағы уақытта облыстағы жеке қосалқы шаруашылықтар да назардан тыс қалмайды. Келесі жылы 2,5 пайыздық үстемақымен ауыл тұрғындарын шағын несиемен қамту бағдарламасы жүзеге асады.

– Аталмыш бағдарламада ауыл тұрғындарына сервистік қызмет көрсету үшін кооперативтер құруға басымдық беріледі, – деп атап өтті облыс басшысы.

Бүгінде облыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің пайдаланылуы – өзекті мәселенің бірі. Аэрогарыштық зерттеулер арқылы облыста пайдаланылмай жатқан 857 мың гектар жер анықталып, оның 128 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылыпты. Осы жағдайды назарға алған облыс басшысы:

– Қайтарылған жерлердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін өңіраралық геоақпараттық жүйе енгізіледі және жерді пайдалану мәселесі қатаң бақылауда болады, – деп өз ұстанымын білдірді. Сондай-ақ, жиналыста қант қызылшасын өсіру мықтап қолға алынатыны да белгілі болды.

Осындай өрелі ой көтерілген жиында аталған салада аянбай еңбек етіп жүрген бір топ азамат ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі мен «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін кеудесіне тақса, енді бірқатары облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, үздік тауар өндірушілер арасында өткен байқаулардың жеңімпаздары анықталып, кәсіпорындар арасында Панфилов ауданы «ОТ Агрохолдинг» ЖШС мен Көксу ауданы, «Қыдырәлі» шаруа қожалығының төрағасына «МТЗ-80» тракторының кілті табысталып, қайта өңдеу саласы бойынша топ жарған Көксу ауданының «Көксу қант зауыты» ЖШС директорына 5 млн. теңгенің сертификаты берілді. Әр аталым бойынша екінші, үшінші орынды қанжығасына байланған алты шаруа қожалығының төрағасына қомақты ақшалай сыйақы табысталды.

Жетісу облысы

KAZPOST ● ЖАЗЫЛУШЫЛАР КҮНІ – 2022

«Қазпошта» АҚ ағымдағы жылдың 20 желтоқсаны Жазылушылар күні өтетінін хабарлайды

Құрметті оқырман!

Сізде облыстық және жергілікті мерзімді баспа басылымдарына жеңілдікпен жазылудың бірегей мүмкіндігі бар.

Мекенжайымыз: Талдықорған қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 53, «Қазпошта» АҚ орталық операциялық учаскесі.

САЙЛАУ – 2023

Ақпараттық хабарлама

«Jetisý» газетінің (бұдан ары қарай Газет) меншік иесі – «Өлке тынысы» ЖШС Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлаулар туралы» Коституциялық Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылдың 26 қарашасындағы №4 Жарлығына сәйкес 2023 жылдың 14 қаңтарында өтетін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына депутаттыққа сайлауға қатысатын үміткерлерді сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін басылым алаңын беру шарттары жайында хабарландырады.

Газеттің басылым алаңын берудің жалпы шарттары мен тәртібі:

Газет 540 шаршы сантиметрден аспайтын екі үгіттік және ақпараттық баспа материалын орналастыру үшін басылым алаңын бере алады.

Газеттің басылым алаңын беру Газеттің меншік иесімен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына депутаттықтан үміткерге баспа үгіттік және ақпараттық материалдарды орналастыру үшін басылым алаңын беру жөніндегі жазбаша келісім негізінде жүзеге асырылады. Келісімшарт пен тиісті құжаттардың формасы төменде келтірілген жазбаша өтінішті тапсыру кезінде беріледі. Үміткердің /сенімді тұлғаның/ Газетпен басылым алаңын беру жөніндегі келісімшартқа қол қоюы үміткердің /сенімді тұлғаның/ сайлауалды үгіт жүргізуге байланысты Газеттің қызметін қабылдауға келісімі саналады. Мұндай келісімшарт жасау үшін үміткер /сенімді тұлға/ Газеттің меншік иесіне төмендегідей ақпаратты көрсете отырып **жазбаша өтініш** береді.

1) Жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, айы-күні мен уақыты;
2) Жазбаша өтініш берген үміткердің аты-жөні /сенімді тұлғаның аты-жөні/;
3) Тұлғаның жазбаша өтініш беруге өкілеттігін айғақтайтын құжат:

Үміткердің /сенімді тұлғаның/ жеке куәлігі,үміткердің / жеке тұлғаның/ уәкілетті мемлекеттік орган берген куәлігі, ҚР Заңдылығына сәйкес өзге құжат.

4) Жоспарланып отырған орын көлемі, үгіттік баспа материалдарының түрлері көрсетілген жазбаша өтініштің мазмұны;
5) Үміткердің немесе сенімді тұлғаның қолы.

Газет осы ақпараттық хабарлама негізіндегі жазбаша өтінішті 2022 жылдың 24 желтоқсаны сағат 18.00-ден бастап 2023 жылдың 13қаңтары сағат 00.00-ге дейін, мына мекенжайларда қабылдайды: **Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат және Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1-үй, 3-қабат.**

Жазбаша өтінішке тиісті құжаттардың көшірмелері қоса беріледі. Мақалаларда оның төленгендігі, материалды дайындаған жауапты тұлғалар, қаржыландыру көзі, ақпаратты берген тұлғалардың аты-жөндері жайындағы ақпарат болуы тиіс.

Баспа материалдарын орналыстыру кезектілігін Газет жазбаша – өтініштердің түсу ретіне қарай белгілейді. Бірнеше кандидаттан /сенімді тұлғалардан/ бір мезгілде өтініштер түскен жағдайда Газет сол күні жеребе тарту өткізеді. Жеребе тартуға баспа материалдарын орналастыру кезектілігіне күмән келтірген үміткер немесе үміткердің мүддесін қорғайтын сенімді тұлға және даудың тәуелсіз жағы ретінде БАҚ өкілі қатысады. Әр үміткерге /сенімді тұлғаға/ баспа материалын орналастыру күні көрсетілген мөр басылған бір-бір конвертті таңдау ұсынылады. Конверттер саны дауласушылар санымен бірдей. Жеребе тарту аяқталғаннан кейін дауласушы жақтар мен БАҚ өкілі жеребе тарту хаттамасына қол қояды. Жеребе тартудың нәтижесі (хаттаманың көшірмесі) тиісті сайлау комиссиясына беріледі.

Үгіттік және ақпараттық баспа материалдарын беру тәртібі

Үгіттік баспа материалдары Газетке ҚР «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңы 28-бабының 3-тармағында көзделген көлемде, газеттің меншік иесімен басылым алаңын беру жөніндегі келісімшартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы қойылып, беріледі.

Үгіттік және ақпараттық баспа материалдары Газетке модульдер немесе мақалалар түрінде беріледі.

Үгіттік және ақпараттық баспа материалдары газеттің шығатын күнінен 5 күнтізбелік күн бұрын беріледі.

Газет үгіттік және ақпараттық баспа материалдарын, егер онда конституциялық құрылымды күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік және рулық алауыздық, қатыгездік пен күш көрсету идеяларын, сонымен қатар заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құрамаларды құру идеяларын бар деп тапса және заңдылықта қарастырылған басқа да негіздерде, қабылдаудан бас тартуға құқылы.

Барлық материал газеттің тек ішкі беттеріне орналастырылады.

Газеттің басылым алаңының мөлшері және төлем тәртібі

Үгіттік және ақпараттық материалдарды орналастыру үшін басылым алаңы төлемінің мөлшері:

– ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланған беттерге мақалалар мен модульдерді орналастыру үшін 1 шаршы см. төлемінің мөлшері – 400 теңге.

Төлем Газет берген есепшот негізінде мұндай есепшот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүргізіледі.

Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген Газеттің банктік реквизиттеріне төленеді.

● Алматы облыстық аумақтық сайлау комиссиясының

ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 73-бабы 6-тармағына сәйкес Алматы облыстық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына келесі кандидаттардың тіркелгенін хабарлайды:

Тоқпейісов Ғалым Қасымұлы, 1967 жылы туған, Балқаш ауданының әкімі, Балқаш ауданы Ақдала ауылында тұрады.

Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлы, 1960 жылы туған, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Астана қаласында тұрады.

Ертас Нұрлан Ертасұлы, 1980 жылы туған, Жамбыл ауданының әкімі, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында тұрады.

М. АЙТОВА,
облыстық сайлау комиссиясының төрайымы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Талдықорған қаласына келген ҚХР Шыңжаң ұйғыр автономиялық республикасының арнайы делегациясы Жетісу облысымен әріптестік меморандумға қол қойды. Құрметті қонақтарға арналған «дөңгелек үстел» отырысын жүргізген облыс әкімі Бейбіт Исабаев екі елдің арасын біріктірген экономикалық, мәдени, рухани байланыстарды таныстырып, Жетісу жерінің жетістігін алға тартты.

Баламалы қуат көзін өндіреді

Мәди АЛЖАНБАЙ

Кездесуде сөз алған ШҰАР Халықтық үкіметі төрағасының орынбасары Сунь Хунмей, ШҰАР Халықтық үкіметі сыртқы істер департаменті директорының орынбасары Чжан Хуачжун, Үрімші кеден бекеті басшысының орынбасары Лань Чженьбинь Ұлы Жібек жолының бойында жатқан Қазақстан мен Қытай елінің ғасырлар бойы қалыптасқан қарым-қатынасының берік тігін, Еуропаға апарар күре жолдың тиімділігін әңгімелеп, екіжақты әріптестіктің тигізер пайдасы мен табысын салмақтады.

Тақырыпқа қатысты баяндама жасаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған нақты жобасы мен инвестициялық мүмкіндігін таныстырып, агроөнеркәсіптік кешен, транспорт пен логистика, туризм, баламалы қуат көздері, жерасты қазбалары сынды салаларды дамытудың тиімділігін алға тартты. Оның айтуынша, 2030 жылға дейін жүзеге асуы тиіс инвестициялық жобалардың қатарында құны 1,6 триллион теңге болатын 191 жоба бар. Осы жобаларды жүзеге асыру 9 мың адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Қазір облыс аумағында ҚХР-дың қатысуымен жалпы құны 358,4 миллиард теңге болатын 3 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. ҚХР-мен сауда-саттық саласындағы әріптестікті нығайтқан Жетісу облысы биыл бірінші жарты жылдықта 720,5 миллион доллардың тауар айналымын өткізген. Соған байланысты транзиттік мүмкіндігі басым аймақ арқылы құрлықаралық «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік жолының өтуі екі ел арасындағы әріптестікті нығайтуға серпін береді. Сондай-ақ, облыстағы «Қорғас», «Достық» кеден бекеттері арқылы Еуропа елдеріне өтетін жүк тасымалының тиімділігі орасан. Соған орай кеден бекеттері заманауи құрылғылармен жабдықталып, қызмет көрсету сапасын арттырып келеді.

– Екі елдің әріптестігін нығайтуға септігін тигізетін саланың бірі – аграрлық сала, оның ішінде ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу ісі дер едім. Сол себепті біз ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуге арналған жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беруге дайынбыз, – деген Бейбіт Өксікбайұлы қажетті тетіктерді жүзеге асыру керегін де ескертті. *– Дегенмен, экспортты жеделдету үшін «Достық» кеден бекетінің аумағынан сіздердің сапа стандарттарыңызға сай келетін фито-ветеринарлық зертхана салуды ұсынамын. Бүгін біз кремний, темір, аккумуляторлардың қорғасынды-қышқылды батареяларын, темір-бетон өнімдерін, мәрмәр ұнтағы мен түйіршігін, құрамажем, арпа уытын, крахмал, балық экспорттауға дайынбыз. Менің айтқандарым мүмкіндігі басым салалардың бір бөлігі ғана. Сондықтан қытай компанияларын аймағымыздың өркендеуіне инвестиция салуға шақырамын. Оған қажетті индустриялық аймақ Талдықорған қаласында тұр.*

Өз сөзінде екі елдің арасындағы әріптестікті нығайту шаралары жүре беретінін жеткізген облыс әкімі әлемді жайлаған жұқпалы дерттің таралмауы үшін кеден бекеттеріндегі карантиндік шаралар тоқтамайтынын, ШҰАР мен Жетісу облысының мәдениет күндерін кезектесе өткізу қажеттігін, қос тарапқа туристік бағыттар мен танымдық шаралар жүргізуге болатынын, яғни, барлық бағыттар бойынша әріптестікті нығайтуға ықыласты екенін атап өтті.

Бұдан соң Жетісу жерінде баламалы қуат көздерін өндіретін жобаларды жүзеге асыруға арналған меморандумға ҚР ҰҒА-ның энергетика интеграциясы халықаралық ғылыми орталығының басшысы Ахат Өмірәли мен ҚХР ШҰАР-дағы «ТВЕА» ААҚ Ху Нань қол қойып, әріптестікті құжатпен бекітті. Енді Жетісу жұртшылығы күн нұры мен желден қуат алатын жобалардың қызығын көреді.

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы директорының орынбасары Әсет Сейсенбек, «Достық-ТрансТерминал» ЖШС-нің директоры Бауыржан Дүзбаев сөз сөйлеп, әлемдік нарыққа жол тартатын қытай өнімдерін өткізу мен тасымалдаудың тиімділігін таныстырды.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

МӘСЛИХАТ МІНБЕРІ

Мемлекет өрісін кеңейту

Қазіргі қоғамның сұрағы көп. Ал көп сауалға жауап беру құзыретті құрылымдардың мойнында. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» Тұжырымдамасын тегіннен-тегін бекіткен жоқ. Мұндағы мақсат – билік пен халық арасындағы қарым-қатынас «тонның ішкі бауындай» астасып, сабақтасып жатуы тиіс. Қазіргі биліктің барлық сатысы осыған бағытталған.

Елімізде барлық деңгейдегі мәслихаттың құрылғанына биыл 28 жыл толды. Содан бері мемлекетіміздің дамуы жолында сан соқпақты артта қалдырды. Қазір мәслихаттардың мойнында ел дамуы жолындағы үлкен жауапкершілік жүгі бар. Тарқатып айтсақ, мемлекеттік мүдделерді ескеріп, мәселелерге бағытталған шешім қабылдайтын мәслихаттар оны жүзеге асыру шараларын белгілеп, жұмыс барысын бақылайды. Сондай-ақ, өңірлердің даму жоспарын, экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларын, жергілікті бюджетті бекітіп, қаржының нысаналы, тиімді орындалуын бақылайтын мәслихаттар жергілікті атқарушы органдардың қаржы секторына ықпал ете алады. Сонымен қатар, атқарушы орган жетекшілерінің есебін қарап, мәслихат шешімдерін орындамаған ұйымдардың, мемлекеттік басқару органдарының лауазымды тұлғаларын жауапкершілікке тарту бойынша ұсыныс бере алады. Аудан, қала, облыс әкімдерінің кандидатураларының біріне келісім береді. Айта кететін жайт, аудандық һәм қалалық мәслихаттарды айтпағанда, облыстық мәслихатта Парламент Сенатының депутаттарын сайлау әрі тиімсіздігін көрсеткен халық қалаулыларын кері қайтарып алу құзыреті де бар. Бұл – Әділетті Қазақстан даңғылына түскен еліміздің мәслихаттарға артқан сенімінің бір парасы ғана.

Мәслихаттың тағы бір құзыреті – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасының жүзеге асуына атсалысу. Себебі, ел Президентінің мүддесі – бұқараның мүддесімен астасып жатыр. Мұны айқын түсінген Мемлекет басшысы тең мүмкіндіктер елін әділетпен орнатуды көздейді. Ал барлық деңгейдегі мәслихаттардың мақсаты – әрбір ел тұрғынының жайлы өмірі үшін қарекет ету.

Елдің жайы мен бұқараның байыбына болысып жүрген азаматтардың басын қосқан құрылым – Жетісу облыстық мәслихаты қарқынды жұмыс нәтижесін көрсетіп отыр. Президенттің №887 Жарлығына сәйкес бұрынғы Алматы облысы екіге бөлініп, 8 маусымда Жетісу облыстық мәслихаты құрылды. Алты айдың ішінде облыстық мәслихаттың VII шақырылым депутаттары өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында аянып қалған жоқ. Бүгінде мәслихатта осы шақырылымның 19 депутаты бар. Оның ішінде, 5 депутат азаматтық қоғам өкілі, 3-і кәсіпкерлік, 3-і білім, 3-і ауыл шаруашылығы саласынан болса, мәдениет, БАҚ, қаржы, квазимемлекеттік сектордан бір-бір депутаттан. VII шақырылым депутаттарының 15-і «AMANAT» партиясы сапынан, 3 депутат ҚХП, 1 депутат «Ауыл» партиясынан. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты дәстүрлі Жолдауында адам құқықтарын қорғау мен гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жетілдіру қажеттігін атап өткен еді. Сол бағдарлық құжатта сайлау тізіміндегі әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізу тапсырылған. Облыстық мәслихат осы тапсырманы нықтап орындап отыр. Бүгінде мәслихат сапындағы депутаттардың 7-і, яғни 36,7 пайызы нәзік жандылар қатарынан.

Жетісу облыстық мәслихаты құрылған сәттен бері 13 сессия өткізіп, 43 шешім шығарды. Нәтижесінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосатын мәселелер шешіліп, даму жоспары нақтыланды. Сонымен қатар, облыстың 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті нақтыланды. Өзге сессияларда осы бюджетке 3 мәрте өзгеріс енгізіліп, өңірдің 2022-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы жаңа редакцияда бекітілді. Облыстық мәслихат мінберлерінде бұдан бөлек, Қоғамдық кеңес құрамы, аумақтық сайлау комиссиясының, облыс әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының және өзге де комиссиялардың құрамы бекітілді. Сондай-ақ, «Жетісу облысының (аудан, қала) Құрметті азаматы» атағын беру, өңірдегі қала және елді мекендерді көркейту-көгалдандыру ережесін қабылдау, облыстың шекарасын бекіту, келер жылға Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың тапсырмасына сай облыс, аудан-қала әкімдерінің халықпен кездесу кестесін бекіту сынды бірнеше маңызды шешім шығарды.

Жалпы, мәслихаттың ел дамуы жолындағы қызметі ұшан-теңіз. Оның бір парасы – тұрақты комиссияларының отырыстары мен ондағы қаралған және шешімін тапқан мәселелер. Айта кетсек, былтыр 8-ші маусымда өткен алғашқы сессияда Жетісу облыстық мәслихатының 4 тұрақты комиссиясы бекітілді. Бар-жоғы 6 айдың ішінде атаулы комиссиялар 14 отырыс өткізді. Жалпы, комиссия мүшелері әр саладағы олқылықтарды жою мақсатында оңтайлы бастамалар көтеріп, шешімді жолдарды көрсетеді. Мұның өзі мәслихаттардың Мемлекет басшысының тапсырмалары мен бастамаларының мүлтіксіз орындауға мұрындық болып жүргенін тағы бір айқындай түссе керек. Шыны керек, осы уақытқа дейін өткен әлеуметтік комиссия отырыстарында мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғам өміріне бейімдеу, кәмелетке толмағандардың ерте жүктілігі мен суицидтің алдын алу, өңірде тұрғындары арасында діни экстремизмді насихаттаудың алдын алу, өңірде «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасын іске асыру сынды өзге де маңызды мәселелерді қарады. Ауылшаруашылығы, жер қатынастары, ветеринария және экология мәселелері бойынша комиссияда 7 мәселе қаралса, индустриялық-инновациялық даму, транспорттық-логистикалық инфрақұрылым, орта және шағын бизнесті қолдау, туризм, спорт, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және құрылыс тұрақты комиссиясы 9 мәселені қамтыды. Сондай-ақ, өңір тыныс-тіршілігінде ауқымды мәселелердің шешілуіне атсалысып жүрген облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, құқықтық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, депутаттық өкілеттіліктер мен этика мәселелері бойынша тұрақты комиссиясы бар. Айтқандай-ақ, жуырда атаулы комиссия Талдықорған және Үштөбе қалаларындағы өзен арнасындағы тастарды рұқсатсыз қазу жұмыстары бойынша мәселені қарады. Шын мәнінде, заңсыз карьерлердің кесірінен өзен арнасының экологиялық ахуалы төмендеп кеткен әрі ағын судың арнасы да бұзыла бастаған. Осы ретте ауыр жүк көліктерін бақылау мақсатында әрі заңсыз әрекеттерге тоқтау салу үшін жылжымалы көлік бақылау бекетін ұйымдастыруға қаржы бөлу қарастырылды. Осы ретте арнайы құрылымдарға автоматтандырылған өлшеу құралдарын орнату және қажетті жабдықпен қамтамасыз етілген көлік алу жоспарланып отыр. Бұл құралдар заңсыз арнадан тас тасығандарды және жүк көліктерінің шамадан тыс жүк тиеуін анықтайды. Аталмыш бағытта жалпы 73 млн. теңге бөлуге ұсыныс берілді. Міне, осындай ауқымды мәселелерді шешу өңір әлеуметі үшін аса маңызға ие.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Азаматтарымыз нақты оң өзгерістер бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау – алдымызда тұрған ең басты міндет әрі қастерлі парыз», – деген еді. Айтқандай-ақ, халық сеніміне селкеу түсірмеу аса маңызға ие. Үкімет отырысында ел Президенті атқарылар негізгі міндеттерге тоқталған еді. Инвестициялық саясатты оңтайландыру, баға тұрақтылығын қалыптастыру, баға ауытқушылығын болдырмау үшін азық-түлік қоймаларының көлемі мен санын ұлғайту, инженерлік жүйелерді жаңғырту, жастарды мемлекеттік саясатқа ұйыстыру сынды біршама тапсырма жүктеді. Бұл тапсырмалардың жүйелі жүзеге асуына Жетісу облысының мәслихаты атсалысып, ел мен бұқараның сенімін ақтайтынына сенім мол. Себебі біздің құзырет – мемлекеттің өрісін кеңейту. Ал мемлекет өрісі әлеуметінің әлеуеті артқанда кеңімек.

Гүлнар ТОЙЛЫБАЕВА,
Жетісу облыстық мәслихатының хатшысы

ҚАҢТАР САБАҒЫ

Жетісу облысы бойынша төтенше жағдайлар департаментіндегі өрт сөндіру кезекшілік қызметінің жедел кезекшісі, азаматтық қорғау капитаны Ермек Жұмабаев былтырғы қаңтардың алғашқы күндерінде Талдықорғанды дүрбелеңде төтенше оқиғаларға тоқтам салуға, зардабын барынша азайтуға тырысқандардың қатарында болды. Әріптестерімен бірге өзінің азаматтық әрі қызметтік міндетін ақырына дейін адалдықпен әрі талапқа сай орындады.



Міндетке адалдықтың үлгісі

Жасырары жоқ, елдігімізге қатер төндірген қаңтардағы қасіретті күндерде ел аумағында ең қауіпті де қатерлі оқиғалар тіркелген аймақтар арасында сол кездегі Алматы облысының аумағы, оның ішінде маңында ірі әскери бөлім мен түрме орналасқан Талдықорған да болды. Бірнеше күнді ұйқысыз-күлкісіз өткізгеніміз рас. Облыс орталығындағы әкімшілік, полиция басқармасы мен департаментінің ғимараттары қиратылды. Қала көшелерінде түрлі техникалар өртелді. Кәсіпкерлік нысандары тоналды. Әскери бөлімге, түрмеге шабуылдар жасалды. Дәл осындай ел басына күн туған сынақты сәтте өмірлері мен денсаулықтарына төнген қауіп-қатерді елең қылмастан, анттарына адалдық танытып, міндеттерін мінсіз атқарғандар қатарында өрт сөндірушілер болғанын айрықша атап кеткен жөн.

– Бесінші қаңтарда облыс бойынша жедел кезекші едім. Жедел кезекшінің міндеті өртке қатысты кез келген төтенше оқиғаның алдын алу, одан ары өршіп кетпеуін қамтамасыз етуге тиісті техникалар мен адамдарды тиімділікпен бөліп, орналастыру және жұмыстарын үйлестіру. Көңілде алаң болғанымен, жағдай соншалықты ушығып кетеді деп ойламап едік. Түске таман адамдар жиналып жатыр деп орталық алаңға жіберді. Бардық, өртке қатысты оқыс оқиға тіркеле қалса, дереу алдын алу мақсатында арнайы техникаларды ұрымтал тұстарға орналастырдық.

Кешқұрым әкімдік жанында машина жанып жатқаны жайлы шұғыл хабар түсті. Бардық, өшірдік. Іле-шала әкімдіктің екінші қабатында бірнеше кабинеттің өртене бастағаны туралы хабар жетті. Жедел жеттік, қаптаған адам, бірін-бірі тыңдамайды. Дегенмен, өрт сөндіруге келгенімізді айтып едік, жолымызды бөгемеді. Кіріп, өртті өшірдік. Сол екінші қабатта кабинетте қамалып қалған полиция қызметкерлері бар екен. Оларды да құтқарып, өзіміздің арнаулы киімдерімізді кигізіп, сыртқа бірге алып шықтық. Түнгі 10-ға таман тағы да әкімдікке барып, кезекті бір от ошағын сөндірдік. Түн ортасында Қазтелеком алдында өртенген машинаны оқшауладық. «Нұр Отан» партиясының ғимаратына бір топ жібердік. Әйтеуір, ешкім тыным көрген жоқ. Бір жердегі өртті енді ауыздықтағанда, келесі тұста сондай оқиға болып жатқаны жайлы жедел хабар түседі. Таңға таман облыстық әкімдік ғимаратына үшінші рет бардық. Ең жоғары дәрежедегі өрт ретінде тіркелген жалын біразға дейін ауыздықтауға бой бермеді. Бір тобымыз қалалық полиция басқармасының ғимаратында шыққан тілсіз жауды ауыздықтадық. Түні бойы көз ілмегенімізге қарамастан, ертеңінде де өз міндетімізді орындадық.

Елден ерек ерлік көрсеттім дей алмаймын. Қызметтік міндетімді орындадым. Қазір кінәлілер анықталып жатыр ғой. Бір байқағаным, сол кезде алаңға жиналған жұрттың көбі қарапайым адамдар болды. Жастардың дені біреулердің айтағына ерсе, біразы қызық көріп келген сияқты көрінді. Бұзақылар да болған шығар. Бірақ біздің жұмысымызға кедергі келтірген жоқ. Қалай болғанда да қаңтардағы қиындықты ел болып жеңіп шықтық. Біздің әріптестер – төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтегілер құқық қорғау және тағы басқа да тиісті салалармен бірлесе отырып, бірнеше күн бойы тыным көрместен, өз міндеттерін орындады. Енді, алдағы кезде ондай оқиғалар қайталанбаса екен деп тілеймін. Отбасының амандығы Отанындағы татулық пен бейбітшілікке байланысты екенін естен шығармаған абзал, – дейді үш бала тәрбиелеп отырған отағасы Ермек Серікбайұлы.

Капитан Ермек Жұмабаевтың өртке қарсы күрес саласында қызмет етіп жүргеніне 10 жыл болыпты. 2013 жылы өрт сөндіруші болып жұмысқа қабылданып, 3 жылдан кейін қарауыл бастығы болып тағайындалған. Қандай міндет жүктелсе де жауапкершілікпен атқара білген азамат бірнеше жыл жедел кезекшінің орынбасары болды. 2020 жылдан бері өрт сөндіру кезекшілік қызметінің жедел кезекшісі.

Болат ҚАБДЕШҰЛЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Облыстың аграрлық секторын дамытуға өткен жылы 37 млрд. теңге бөлінді. Тұрақты мемлекеттік қолдау өз жемісін беріп, лизингке бөлінген демеуқаржы есебімен 5 млрд. теңгеге 230 техника сатып алынды. Өңірде минералды тыңайтқыштарды қолдану 17 жарым мың гектардан асты. Жалпы, өткен жылы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі мейлінше артты. Оның басым бөлігі ауыл шаруашылығы, қалғаны мал шаруашылығы өніміне тиесілі.

Егін мен малы тең өскен





Қажет АНДАС

Айта кетерлігі, Жетісу облысының егіншілікті дамытудағы мүмкіндігі мол. Өңірдегі суармалы алқаптардың жалпы ауданы 200 мың гектардан асады. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде ауыл шаруашылығы егіс алқабы жыл сайын өсуде. Сондықтан мол өнім алу үшін гидротехникалық құрылымдар маңызды рөл атқарады. Алдағы уақытта 4 жарым мың гектар жерді айналымға енгізу және 25,6 мың гектарды қалпына келтіру, сондай-ақ, фермерлік шаруашылықтарды суармалы сумен жабдықтауды жақсарту үшін 16 гидроқұрылыс іске қосылды. Оған республикалық және облыстық бюджеттен, Ислам Даму Банкінің есебінен қомақты қаражат бөлінді.

Тауы мен даласы шұрайлы, жерінің түгін тартсаң, майы шығатын Жетісу облысы өсімдік шаруашылығының да байтақ мекені саналады. Өткен жылы осы саланы дамытуға 8,1 млрд. теңге демеуқаржы бөлінген. Биыл аталған шаруашылықты дамыту үшін қосымша 1,7 мың гектар жер енгізілмек. Сондай-ақ, алдағы төрт жылда қызылшаның егіс алқабын 15 мың гектарға дейін және жалпы өнімділігін 525 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда. Осы мақсатта өңірдегі екі қант зауытының жұмысын ширатуға тура келеді. Биыл Ақсу қант зауыты қамыс қантын өңдеу желісін іске қосып, жылына 80 мың тонна қант өңдейді. Ал 2026 жылға қарай екі зауыттың тәтті тамыр өндірісі 180 000 тоннаға жетеді деп болжануда.

Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Жетісу облысы диқандарына артылатын жүк ауыр. Өткен жылы аймақтың азық-түлік өндірісі барынша артып, 60 млрд. теңгеге жуық кіріс кіргізген. Осыған орай, ауыл шаруашылығы саласын өңдеу бойынша жұмыс қарқын алды. Бүгінде аймақта 150 кәсіпорын ауыл шаруашылығы өнімін өңдеумен айналысады. Өндірілген өнім тек ішкі нарықта ғана пайдаланылмай, экспортқа да шығарылады.

Өткен жылы жетісулықтардың төрт түлігі мыңғырып, етті, сүтті бағыттағы асыл тұқымды ірі қараның саны артты. Былтыр мал шаруашылығын қолдаудың нәтижесінде 169 шаруа қожалығы шамамен 13000 бас мал сатып алды, тағы 352 бас асыл тұқымды мал шетелден әкелінді. Облыста ірі қара 540 мың, қой мен ешкі 1,8 миллион және жылқы 182 мың басқа көбейді. Биылғы қыс ерте түсіп, таулы өңірлерде қар қалың жауғанымен қолдағы мал жұтай қоймайтыны анық. Өйткені, қыстан қысылмай шығу үшін мал азығы да молынан дайындалып, мал қыстату жұмысы тиянақты жүргізілуде. Айта кетерлігі, қазақтың атакәсібі болған мал шаруашылығын дамытуға 2026 жылға дейін 36 млрд. теңге сомасына 33 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Жоба аясында 23 бордақылау алаңы, 8 тауарлы-сүт фермасы, қуаттылығы 19 мың тонна құс етін өңдейтін жаңа кәсіпорын ашылмақ. Осы мақсатта Ауыл шаруашылығы министрлігі мен "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы келіссөздер жүргізуде. Бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін 15 млрд. теңгеге дейін арттыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, ауыл тұрғындарына шағын несие беру бағдарламасы «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 2,5 пайыз үстемеақымен іске асырылатын болады. Оған республикалық бюджеттен 1,6 млрд. теңге бөлінбек. Несиелер жеке қосалқы шаруашылықтарға, сондай-ақ, қызмет көрсету үшін құрылған кооперативтерге беріледі.

Егін алқабы кеңейіп, өнімділігі артып, мал басы өскенмен оның өсіміне кедергі келтіретін жұқпалы індеттер де ере жүреді. Қуанарлығы Жетісу облысындағы ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды қауіпті жұқпалы аурулардан сақтауға қажетті ветеринариялық препараттар 100 пайыз қамтамасыз етілген. Эпизоотияға қарсы күреске бөлінген 2 млрд. теңге толық игерілген. Осы тұста, облыста 21 ветеринарлық орталық жұмыс істейтінін айта кеткен жөн. Оның 5-і былтыр пайдалануға берілген модульдік-малдәрігерлік орталығы. Биыл 18 модульдік-малдәрігерлік пункт салуға облыстық бюджеттен 300 млн. теңге бөлінген.

Облыстағы мал жайылымдық жердің тапшылығы әлі де өзекті болып келе жатқанын жасырмаймыз. Бүгінде аймақта мал жаюға тиесілі 720 мың гектар жайылымдық жер бөлінген. Алайда, мәселені толық шешу үшін тағы да 688 мың гектар жер қажет. Сондықтан пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмысы қарқынды жүруде. Аэроғарыштық зерттеулермен анықталған 128,5 мың гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер мемлекет меншігіне қайтарылған.

Қысқасы, облыстың қоржынын қампайтып, елдің ырысын еселейтін ауыл және мал шаруашылығы саласын өркендету жетісулықтар үшін ең басты міндеттің бірі. Сол бағытта баянды жұмыстардың да атқарылып жатқаны белгілі.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.7-su.kz / Jetisu2002@mail.ru

№5 (19144)

senbi, 14 qańtar, 2023 jyl

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

• Қазақстанда жастар санаты 35 жасқа дейін ұлғайды және осы санаттағы азаматтар саны 6 миллионға дейін көбейді.

• Биыл 10 өңірде жастарға арналған тұрғын үй бағдарламасы іске қосылады.

• ҚР Ұлттық банкінің ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен жылдық 16,75 пайыз деңгейінде сақтау жөнінде шешім қабылданды.

• Қазіргі уақытта әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің 2023 – 2030 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы әзірленуде.

• «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты жыл сайын беріледі және көлемі артады.

• Банкроттық рәсімдеп, кейін азаматтың басқа активтері бар екені анықталса, оның барлық бастапқы қарызы қайта мойнына ілінеді.

• Банкрот деп танылған жеке тұлғаларға мемлекеттік кірістер департаменті 3 жыл бойы қаржылық мониторинг, яғни, бақылау жүргізеді.

• Ақпарат саласын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы дайындала бастады.

● Өрлеу



Ел қуанышы еселенді

2

● Басты ауыртқан баспана



Сырты бүтін, іші түтін

3

● Aqzer



Қос дәптер бүккен құдірет

4

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

ДЕПУТАТ ЕЛ ІШІНДЕ



Бірқатар мекемені аралады

Жетісу жеріне ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова арнайы іссапармен келді. Негізгі мақсаты – денсаулық сақтау және білім беру саласындағы бүгінгі жағдай. Талдықорғандағы бірқатар әлеуметтік нысанды аралаған депутат жұмысшылармен жолықты.

Педагог мәртебесін көтеру, дәрігерлердің сапасын арттыру мақсатына бүгінде мемлекет ерекше көңіл бөлуде. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың да Жолдауында айтылды. Бүгінде соған орай заң жобасы әзірленіп жатыр. Депутат бірінші «Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасында» болып, дәрігерлермен жолығып, сұрақтарына жауап беріп, өтініштерін тыңдады. Сөз арасында кадр тапшылығы да айтылды. Мәселен, Талдықорған мен Текелі қалаларында педиатр, гинеколог, терапевт сынды 180 маман жетіспейді. Бұның басты себебі – жас мамандарға берілетін үй-жай. Баспана тек ауылға баратын жас мамандарға ғана қарастырылған. Айтылған өтініштерді ел қалаулысы алдағы уақытта Мәжіліс мінберінен қозғайтынын жеткізді.

Жұлдыз Досбергенқызы Жетісу университетіне барып, ұстаздар қауымына технологиялық саясат туралы заңның жөн-жобасын түсіндіріп, ескеру керек жағдайларды айтып, мұғалімдердің талап-тілегін жазып алды. Одан кейін Талдықорғандағы №28 ІТ мектеп-лицейінде болып, «AMANAT» партиясына мүше жандардың басым көпшілігі ұстаздар қауымы екенін, педагогтардың мәселесін жақсы білетінін, келешекте үлкен жобалар әзірленіп жатқанын айтты.

Қали АСҚАР

Заң аясында шешіледі

Талдықорғандағы Тіл сарайында «Өңірдің өзекті мәселелері бойынша қоғамдық пікір алмасу» атты «дөңгелек үстел» отырысы өтіп, еліміздің жұртшылығын алаңдатқан тақырыптар талқыға салынды. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, білім және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі кеңестің төрайымы Жұлдыз Сүлейменова, «AMANAT» партиясының мүшелері, қоғам белсенділері қатысқан алқалы жиынды облыстық партия филиалының атқарушы хатшысы Арыстанғали Арын жүргізіп отырды.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында айтылған уәделер мен көтерілген мәселелерді шешудің жолын таныстырған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова өзі төрағалық ететін білім және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі кеңеске қатысы бар тақырыптар бойынша ұсыныс-тілек тыңдауға пейілді екендігін жеткізді. Одан соң Жетісу облыстық мәслихатының депутаты Гүлнәр Тойлыбаева, облыстық білім басқармасы басшысының және облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары өңірдегі атқарылып жатқан жұмыстардың жетістігі мен көрсеткішін ортаға салды.

Отырыстың сұрақ-жауап бөлімінде қоғам белсенділері білім, денсаулық салаларына, бұқаралық ақпарат құралдарына, ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарға қатысты мәселелерді ортаға салып, түйткілді мәселелерді шешудің жолын ұсыныс ретінде айтты. Әрбір тақырыпты жазып алған халық қалаулысы ұсыныстарды ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында ортаға салатынын, кез келген мәселе заң аясында шешілуі тиіс екендігін алға тартты. Сондай-ақ, қарапайым халық пен билік арасын жалғастырған «AMANAT» партиясы әрбір көкейкесті мәселені шешудің жолын қарастыратынын атап өткен депутат кездесуге қатысушылармен естелік суретке түсті.

«ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ»



Суреттерді түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

ТАЗАЛЫҚ

Биылғы қыс жылдағыға қарағанда қарлы келді. Соңғы 10 күн ішінде 3 рет қалың қар жауып, шытқыл аяз бетімізді қарыды. Әрине, осындай күндері қар тазалау жұмысының да қарқын алатыны анық. Бұрынғы жылдарға қарағанда биыл қар тазалау жұмысының да жоспарлы түрде жүргізіліп жатқанын көруге болады. Бұған техникалық базаның нығайғаны себеп.

Ешқандай шағым түскен жоқ



Қажет АНДАС

Облыс орталығындағы негізгі көшелер мен саябақтарды «Талдықорған көркейту» ЖШС атқарады. 2018 жылы құрылып, содан бері қала тазалығы мен көркейту ісін жалғастырып келе жатқан мекеменің техникалық базасы нығайып, жұмысшылар саны артқан. Осындай мүмкіндік қысқы тазалық жұмыс кезінде де өзінің қуаттылығын көрсетуде:

– Алғаш құрылғанда қысқы қар тазалауда жұмысшылардың қол күшіне көбірек сүйенгендіктен қалың қар түскен күні тазалық пен қар шығару ісінде қиындық көп кездесетін. Қазір жағдайымыз жақсарды. Техникалық базамыз жыл өткен сайын жаңарып, қуаттанып келеді. Мекемемізде қар тазалауға арналған 12 қар күрейтін «КамАЗ», 16 сыпырғышы бар трактор, жол жиегін тазалауға арналған 6 шағын көлік, қар тиейтін 2 автоматты және 2 үш тіркемелі көлік, қар тасуға арналған өзі көтеріп, төгетін 16 көлік бар. Техникалық базамен қатар адам күші де жеткілікті. Бүгінде қар тазалау жұмысымен 120 адам айналысады.

Қар жауған күні оны тазалау мен сыртқа шығару тәулік бойы жүргізіледі. Қалған күндері жол жиегіндегі қарды тазалау жалғасады. Жол қауіпсіздігін кепілдендіру үшін арнайы құм-тұз себіледі. Жиналған қар қаланың шығыс және батыс, сондай-ақ, 7-ықшамауданы жағындағы арнайы белгіленген орынға төгіледі, – дейді «Талдықорған Көркейту» ЖШС директоры Владимир Қауысбеков.

Мекеме басшысының айтуынша, бүгінге дейін «қар тазалауға қатысты қиындық көрдік» деген бірде-бір шағым түспеген. Алайда, осы мекемеге қарасты емес жерлерде жүргіншілердің наразылығын тудырып жатқан жайттардың бар екенін жасырмаймыз. Бірақ «Көш жүре түзеледі» дегендей, азын-аулақ келеңсіздік уақыт өте дұрысталады деген сенімдеміз.

Талдықорған қаласы

ШАҒЫН КӘСІП

Қыз жасауына сұраныс көп

Бүгінгі күні шағын және орта бизнеспен айналысып жатқан қыз-келіншектер өте көп. Олар кәсіптің әр түріне барып, нәтижесін көріп отыр. Бизнес жолы өте ауыр, шұғылданған істің қанат жайып кетуі де оңай емес. Соған қарамастан, қиындықтардан қорықпай, алға қойған мақсатына жету үшін осындай күрделі кәсіпті қолға алғандарын ерлікке теңеуге болады.

Шағын кәсіпті қолға алғандардың бірі – Дариға Шайзадақызы. Ол Кербұлақ ауданы Қоғалы ауылында тұрады. Дариға Түйебаева көп жыл үй шаруашылығымен айналысты. Отбасының берекесін келтіріп, өмірге ұрпақ әкелді. 6 баланың анасы олар ержеткенен кейін үйде бос отыруды қаламады. Отағасы Азаматтың біржағына шығысып, кәсіп бастауға кірісті. Қазіргі уақытта түрлі үй жасауына сұраныс жоғарылығын ескеріп, бала кезінен анасынан үйренген құрақ көрпе тігуді бастады. Елдің сұранысы артып, тапсырыс берушілердің қатары көбейген соң, көрпенің түрін, санын көбейтті. Құрақ көрпеге керекті маталарды базардан алып, қой жүнін, арнайы мақталарды пайдаланып, кәсібін дөңгелетіп әкетті. Қолжетімді, сапалы көрпелерді ауыл тұрғындарына сатып, табыс тапты. Қыз жасауына керекті барлық көрпе, көрпеше, құрақ көрпе, жастықшалар тігіп, тапсырысқа жұмыс істеуде. Үйде отырып ашқан шағын кәсібіне сұраныс күн санап артып келеді. Қыздары да көмекші болып, анасынан тәлім-тәрбие алуда.

Өзінің айтуынша, тапсырыс берушілер өте көп. Ауыл тұрғындары ғана емес, сырттан да келіп, өтініш айтып жатқандар бар. Әрине, сұранысқа қарай жұмыс істеп, дизайнға қатты көңіл бөледі. Тұтынушылардың көңілінен шығатын өнімнің бағасы да қолжетімді. Ең бастысы, үйде бос отырмай, кәсіппен айналысқаны. Кәсіп істеймін деген адамға барлығы бар, тек ниет қажет.

Аружан АЛТЫНБЕКОВА,
І. Жансүгіров атындағы университеттің 3-курс студенті

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!



Зейнетақы, жәрдемақы төлемінің мөлшері өсті

Жас кезімде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер. Иә, зейнетті өмір сүру үшін қаражаттан тапшылық көрмегенге не жетсін?! Бұл орайда Қазақстан Республикасының Үкіметі жәрдемақылардың инфляцияға жұтылып кетпеуін қамтамасыз етуде. Сөзімізге биылғы қаңтардан бастап, зейнетақы мен жәрдемақылар мөлшерінің ұлғайғандығы дәлел. Осы орайда, оқырмандарымызға әлеуметтік көмек қаржы берудегі өзгерістер жайлы ақпарат беруді жөн көрдік. Мәселенің мәнісін Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Ерлан Абдалиев таратып айтып берді.

Гүлжан ТҰРСЫН

Ол: «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына сәйкес, 2023 жылға: айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3 450 теңге; ең төменгі зейнетақы – 53 076 теңге; ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) – 40 567 теңге; базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 24 341 теңге мөлшерінде белгіленді», дей келе, зейнетақы төлеудегі өзгеріс жаңалықтарға егжей-тегжейлі тоқталды. Биылдан бастап, еңбек сіңірген жылдары және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 10,5%-ға арттырылған. Жасына байланысты жаңадан тағайындалатын зейнетақы төлемдерінің мөлшері 46 АЕК-тен 55 АЕК-ке (189 750 теңге) дейін көтерілді. Зейнетақы жүйесіне он және одан аз жыл салымшы болған адамдардың зейнетақысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызына ұлғайтылды. Егер салымшы он жылдан артық қаржы жинаса әрбір толық жылға 2 пайыз өсіріледі. Сондай-ақ, республикалық бюджет туралы заңға сәйкес, қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен 100 пайыздан асырылмай көбейтілді. *Бұл 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тағайындалған және жаңадан тағайындалған зейнеткерлерге де қатысты. Маманның айтуынша, қаңтар айында облыстың 88 548 зейнеткеріне 6 млрд. 559,2 млн. теңге зейнетақы төлемі аударылған.*

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетіндегілердің сөзінше, денсаулыққа байланысты берілетін жәрдемақы төлеуде де өзгеріс бар. Мысалы, мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері 8,5 пайызға артқан. Яғни, I топтағы мүгедектікке байланысты берілетін жәрдемақы мөлшері 77 889 теңге, II топтағы мүгедектерге – 62 068 теңге, III топтағыларға – 42 190 теңге жәрдемақы қарастырылған. *Бұл орайда, 2023 жылдың қаңтарында облыстағы 18 921 мүгедекке 1 млрд. 110 млн. теңге жәрдемақы төленген.*

Бала туу бойынша төленетін әлеуметтік көмектерде де өзгеріс, жаңалық бар. Бұл орайда жәрдемақы мөлшері бірінші, екінші және үшінші баланың туылуына 131 100 теңге болып тағайындалды. Ал, төртінші және одан да көп балаға төленетін жәрдемақы 217 350 теңгеге дейін өсіп отыр. *Әлеуметтік салаға жауапты мамандардан алынған мәлімет бойынша, облыста бала туу бойынша 1 189 азаматшаның есеп айырысу шоттарына 185,9 млн. теңге жәрдемақы аударылған.*

Бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеудегі жаңалықтарға шолу жасайық. Жұмыс істемейтін ата-аналарға арналған жәрдемақы мөлшері: бірінші балаға 19 872 теңге, екінші балаға 23 495 теңгеден төленеді. Үшінші балаға 27 083 теңге, төртінші және одан да көп балаға жәрдемақы төлеу 30 705 теңгеге дейін өсті.

Сонымен қатар, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала күтімі бойынша жәрдемақы мен әлеуметтік төлем төлеу мерзімі бір жылдан 1,5 жылға дейін ұзартылғаны туралы баршамызға мәлім. *Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Ерлан Жеңісбайұлы биылғы қаңтар айында облысымыз бойынша, бала күтімінде отырған 3 526 анаға 95,4 млн. теңге жәрдемақы төленгенін айтты.*

Асыраушысынан айырылған адамдарға жәрдем беру де Үкімет назарынан тыс қалмайды. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты, асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері 8,5 пайызға артқаны баршаға мәлім. Отбасында еңбекке жарамсыз бір адам болған жағдайда 34 888 теңге, еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің саны екеу болған жағдайда 60 445 теңге, еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің саны үшеу болған жағдайда 75 049 теңге, еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің саны төртеу болған жағдайда 79 512 теңге, еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің саны бесеу болған жағдайда 82 352 теңге, отбасының алты және одан да көп еңбекке жарамсыз мүшелері болған кезде әрбір адамға берілетін жәрдемақы мөлшері 85 597 теңгенің тең үлесі ретінде есептеледі.

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Ерлан Абдалиев әлеуметтік көмек қаржының дұрыс есептелуі және уақытында есепшотқа түсуі де қатаң бақылауда болатынын айтты. Ендеше, баршаңызға зейнетті өмір нәсіп етсін!

ӘП-БӘРЕКЕЛДІ!

Жеңілдетілген шағын несие

Биылдан бастап ауылдық елді мекендер мен шағын қалалардың тұрғындары бизнесті кеңейтуге, мал, ауыл шаруашылығы техникасын немесе жабдықтарын сатып алуға жеңілдікпен шағын несие ала алады.

Бұл Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны кеңейтудің арқасында мүмкін болады. Осы жоба бойынша шағын несие беру мерзімі – 5 жыл, бұл ретте мал шаруашылығы саласындағы бастамалар үшін 7 жыл көзделген. Максималды сома 2,5 мыңнан 8 мың АЕК-ке дейін (зәкірлік кооперация) номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2,5 пайыздан аспайды.

Қаражатты ісін жаңа бастаған және бұрыннан жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер, зейнеткерлік жасқа толмаған қысқартылатын жұмыскерлер, ЖК ретінде тіркелмеген тауарларды өндіру немесе сату, жұмыстарды орындау және қызмет көрсетуді дербес жүзеге асыратын тұлғалар (оның ішінде әрекетсіз ЖК), отбасылық кәсіпкерлікте ақы төленбейтін қызметті жүзеге асыратын тұлғалар, жеке қосалқы шаруашылықта күнкөріс деңгейінен төмен табыс алып, сату немесе айырбастау үшін өнім өндіретін тұлғалар ала алады.

Жобаны іске асыруға биыл республикалық бюджеттен 52,4 млрд. теңге (11 мыңнан астам шағын несие) көзделген. Бұл ретте әкімдіктер қазіргі уақытта қосымша қанша қаражат қажет екенін анықтау үшін ауылдық округтерге скрининг жүргізіп жатыр.

ЖӨН ЕКЕН!

Баға тежеу – мақсат

Дүкен салғысы келетін кәсіпкерлерге субсидия беру жоспарланып отыр. Мақсат – дүкендегі тауар бағасының қымбаттауына жол бермеу.

Облыс орталықтары мен моноқалаларда заманауи сауда орталықтары мен көпфункционалды сауда кешендерін салуға немесе жаңғыртуға ниетті кәсіпкерлерге мемлекеттік субсидия беру көзделуде. Бірақ, бұл санатқа сауда ойын-сауық орталықтары жатпайды.

Жоба бойынша салынатын немесе жаңғыртылатын сауда орталықтары бірқатар талапқа сай болуы шарт. Мәселен, сауда алаңының аумағы кемінде 1 мың шаршы метр болуы керек. Дүкен көтерме емес, бөлшек саудамен айналысуы тиіс. Сауда алаңында азық-түлік, оның ішінде әлеуметтік азық-түлік сататын орындар, сондай-ақ, әкімшілік-тұрмыстық, қойма бөлмелері болуы міндетті.

Бүгінде елде заманауи үлгідегі сауда алаңдары тапшы. Оған қоса, сауда алаңдарын сатып алу және жалдау құны өте жоғары. Бұл жағдайдың бәрі дүкендердегі тауар бағасының қымбаттауына әкелуде. Осыған орай, Үкімет жоғарыда аталған талаптарға сай келетін сауда орталықтарын салуға ниет білдірген кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау арқылы дүкендегі баға мәселесін реттемек.

Мемлекеттік субсидиялау 2021– 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жүзеге асырылады. Жоба 26 қаңтарға дейін қоғам талқысына түседі.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

КӘСІПОДАҚ

Жетісулықтарға тиімді бастама

Биыл ҚР Кәсіподақтар федерациясы Орталық Азия елдерінің кәсіподақтар кеңесіне (ОАЕКК) төрағалық ете бастады. Бұл 2021 жылдан бері Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан ұлттық кәсіподақ орталықтары бірлесіп, жүзеге асырған бірегей интеграциялық құрылым.

Қажет АНДАС

Кеңестің мақсаты – еңбеккерлердің әлеуметтік-еңбек, кәсіптік, экономикалық және өзге де заңды құқығы мен мүддесін, сондай-ақ, кәсіподақтардың құқығы мен кепілдігін қорғау бойынша Орталық Азия елдерінің іс-әрекетін біріктіру. Кеңес құрылғаннан бері мүше елдердегі әлеуметтік және еңбек қатынастарын жетілдірудің ортақ тәсілдерін әзірлеуде ұлттық кәсіподақ орталықтарын одан әрі біріктіруге, мәдени, спорттық және сауықтыру саласындағы ынтымақтастықты дамытуға, құрылымның аумағын кеңейтуге бағытталған бірқатар жұмыс атқарды.

Өткен жылы Астана, Алматы, Душанбе қалаларында конференция және Ташкентте ОАЕКК елдерінің ұлттық кәсіподақ орталықтары кәсіподақ командаларының шағын футболдан бірінші кубогы өтті. Ташкентте өткен Орталық Азия елдері кәсіподақтарының кеңес мүшелері қатысушы елдердің ұлттық кәсіподақ орталықтары көшбасшыларының II отырысында ұйымның құрамына Қырғызстан және Моңғолия кәсіподақтар конфедерациясын енгізу туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ, кеңес мүшелерінің бірауыздан қабылданған шешімімен қазақстандық кәсіподақтардың көшбасшысы, ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин ұйымның бас хатшысы болып сайланды.

Орталық Азия елдерінің кәсіподақтар кеңесін құру Орталық Азия аймағындағы 15 миллионнан астам жұмыскердің лайықты еңбек стандарттары мен оған әділ еңбекақы төлеуге ықпал етеді. Еңбек көші-қоны мәселесін, қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің жалпы мәселесін шешудегі ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, биыл осы бағытта бірқатар тыңғылықты жұмыс атқарылмақ.

Сол қатарда халықаралық еңбек ұйымы мен халықаралық кәсіподақтар конфедерациясы ынтымақтастығын одан әрі нығайту, жыл сайын Орталық Азия елдерінің өңірлік кәсіподақ форумын өткізу, Орталық Азиядағы жұмысшы жастардың мәселесін қарастыратын бірінші Жастар форумын өткізу, сондай-ақ, биылғы жылы Өзбекстан Кәсіподақтар федерациясы жанындағы Кәсіподақтың Еңбек академиясының базасында бірыңғай білім беру хабын одан әрі дамыту көзделуде. Сонымен қатар, ОАЕКК бас хатшысы кәсіподақ мүшелерін Кеңеске мүше елдер арасында бірыңғай денсаулық және туризм картасын әзірлеуді ұсынды. Бұл туризмді дамытудың мүмкіншілігі Жетісу облысы үшін де өте маңызды бастама саналады.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Қабылбек етікші




Көрдің, әлде көрмедің,
Етікші атам бар менің.
Қартпын деп ол айтпайды,
Қол қусырып жатпайды.
Құрып алып малдасын,
Жалпақ басты балғасын,
Пышағы мен бізін ап,
Отырғаны қызық-ақ.
Қоңыр күзде, көктемде,
Қара жаңбыр төккенде.
Кетпесін деп сыз өтіп,
Тігеді ол бізге етік.

Бұл – Қадыр Мырза Әлінің «Етікші ата» деген балаларға арналған өлеңі. Етікші – аяққиім тігетін ісмер. Етікшілік – екінің бірінің қолынан келе бермейтін кәсіп. Бұл да шеберлік пен аса ыждағаттылықты қажет етеді.

Қапал ауылында осы кәсіпті нәсіп етіп келе жатқан «Қабылақ» жеке кәсіпкерлігінің иесі Қабылбек Жұмабекұлы деген азамат бар.

Ол 2012 жылы қазан айында елге келген соң, жұмыс таппай аздап қиналады. Мал сатып алғанға қаражаты аздық етті. Ауылдың адамдары ерулікке шақырып, танысып, «көппен көрген ұлы той» деп жүргенде, бір ағайынның үйіне барады. Сол үйде ескі аяққиімді қалпына келтіріп, жамайтын іс машинасына көзі түседі. Сол үйдің үлкені кезінде осы іспен айналысқан екен. Кейіннен етікшінің қызметі ешкімге керексіз болып, еңбегі бағаланбай қалған соң машинаны тазалап, жинап қойған көрінеді. Қабылбек осы істі бастауды ойлап жүреді. Қыс түскенде екі қолға бір күрек іздеген етікші ойын іске асыруға бел байлайды. Ол кезде тұратын баспанасы да жоқ. Орталықтағы бұрынғы қонақүйдің иесімен келісіп, екі бөлмесін жалдайды. Жұмысты да осы үйде бастайды. Алдыңғы ескі іс машинаның иесімен келісіп, әртүрлі біз, түрпі, бақабас табан темір, балға, шеге, тістеуік, рант салғыш, тетір пышақ, тағы басқа құрал-сайманды 75 000 теңгеге сатып алып, кәсібін бастап кетеді. Бірақ, аяққиім тігуден тәжірибесі жоқ еді.



Сөйтіп жүргенде Ескелді ауданы, Балпық би ауылында тұратын етікші Төлепхан деген азаматқа жолығады. «Іздегенге сұраған» дегендей, жағдайды естіген соң ол кісі кәсіпті үйретуге келіседі. Істі көзімен көріп, қолымен ұстап көрейін деп төрт-бес күнге барған шәкіртті ұстазы жібермей, айға жуық әбден үйретіп, қайтарады. «Осыны істетсең, сен ғана істетесің» деп бұйымның ішкі астарын және мәсінің сыртын тігетін екі ескі машинаны сыйға тартады. Сөйтіп, жарымен бірге ескі аяққиімді жамап, қалпына келтіруге кіріседі. Жұмыс жүрген сайын адам күші жетіспеуге айналады. «Үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің маған жақсы» дегендей, шәкірт тәрбиелеуге кірісіп, алдымен көршісіне аяққиім жамау, қалпына келтіру ісін үйретеді.

– Былтыр жұмыспен қамту бөліміне барып, Үкіметтің кәсіпкерлерге берілетін көмегі жайлы білген едім. Қайтарымсыз грант бар деген соң бизнес жоспарымызды жасап, құжат тапсырып едік, ұта алмадық. Болашақта тағы да қатысып көреміз. Әзірге өз күшімізбен алға жылжып келе жатырмыз. Маған қазір ауылдың белсенді, беделді азаматтары көмектеседі. Аяққиімдердің қалыбын көбейтіп жатырмыз. Бізді қинайтын тек шикізат. Осы уақытқа дейін теріні Қытайдан алдыратынбыз. Тері ғана емес, етікшіге қажет желім, жарғақ, мата, ине-жіп Қытайдан жеткізіледі. Ішкі терілерді Текелі тері зауыты, сыртқы терілерді Алматы маңындағы Көкөзектегі тері зауытынан аламыз. Өткенде тері табылмай Тараз, Екібастұздан алдырдық. Текелі тері зауыты қайта істеді. Кеше ғана сол жерден шикізат алып келдік. Түркиядан да тері алдыру жолдарын қарастырып жатырмыз», – дейді.

Кәсіпкер өнімін әлеуметтік желі арқылы жарнамалайды. Көктемнен бастап қой терісін өздері өңдемекші. Ісмер азаматтың арман-мақсаты көп. Аудандық кәсіпкерлік бөлімі грант алуға жәрдемдессе ісін дөңгелентпекші. Кәсібін нәсібі еткен ағайынға табысыңыз тасқындасын дедік

Ербол СЫМХАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Ақсу ауданы

24 qańtar
2023 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№9 (19148) ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ТАБЫСТЫ ОТБАСЫ

Осыдан біраз жыл бұрын Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде тұсауы кесілген «Табысты отбасы» жобасының Жетісу облысы бойынша алғашқы 24 түлегіне құрал-жабдық түріндегі грант пен сертификат табысталды. Жерлестеріміз әлеуметтік желідегі маркетинг, тігіншілік, электр механигі, сұлулық салоны маманы, аспаздық бойынша бір айлық кешенді оқытудың бес бейіндік бағытында білім алды. Осы ретте 8 әлеуметтік желі маркетингі, 5 аспаздық, 5 тігін ісі және 6 сұлулық салоны маманы заманауи әрі жаңа құрал-жабдыққа қол жеткізді.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Қажет АНДАС

Түлектерге құрал-жабдық берілді

Жабдық жиынтықтарын салтанатты түрде табыстауға арналған іс-шараға «Самұрық-Қазына» АҚ, өңірлік еншілес компаниялар мен жергілікті атқарушы орган өкілдері, жоба жетекшілері келді. Сол қатарда «Samruk-Kazyna Trust» КҚ қамқоршылық кеңесінің мүшесі Лаура Демесінова, «Табысты отбасы» жобасының авторы Айжан Нұрланова, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ермек Мизамбаев, тағы да басқа мекеме өкілдері қатысты.

Естеріңізге сала кетейік, «Табысты отбасы» әлеуметтік жобасы 2022 жылдың 1 желтоқсанында басталған. Жоба «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының бірыңғай қайырымдылық операторы – «Samruk-Kazyna Trust» қорының кешенді қолдауымен іске асырылып, 200 млн. теңге бөлінді. Бейіндік оқыту, тәлімгерлік қолдау, жеке тұлғалық даму және бизнес-дағдыларды дамыту бойынша тренингтерден басқа, сабақтарға белсенді қатысып, жаттықтырушы мен тәлімгердің барлық талабын орындаған жағдайда, жобаға қатысушы өз ісін бастау үшін қажетті құрал-жабдықты тегін алады. Сол сенім бүгін жүзеге асқандай болды.

Сонымен Алакөл мен Жаркент арасындағы аудан-қаладан келген жоба қатысушылары сұранысқа ие кәсіптерін бастауға қажетті ноутбук, тігін машинасы, пеш, араластырғыш, жастықты тақтай төсек, әмбебап ас әзірлегіш, сканер секілді қажетті заттарға ие болды.

Жобаға бір ай бойы белсенді қатысып, өз ісін ашуға ниеттегендердің бірі – Талдықорған қаласы, Ақын Сара көшесі, 30 үйдің тұрғыны, көпбалалы ана Нұрсайраш Мүтихан:

– Көпбалалы анамын, «Табысты отбасы» жобасына қатысқаныма қуаныштымын. Алғашында жобаның осындай нәтижеге толы болатынын білмедім. Тек өзім қызығатын қазақтың ұлттық қолөнерін өркендетіп, отбасыма табыс әкелсем деген арманым ғана болған. Міне, бір айлық оқу барысында көп біліктілікті үйрендім. Өзіме керекті құрылғыларды ғана алып қойған жоқпын. Бизнесті жүргізудің жолын үйрендім, жаңа достар таптым, жұмысымды ілгерілететін мамандармен таныстым. Алдағы уақытта ойдағы арманымды жүзеге асыруға тырысамын, – дейді ол.

Жоба авторы мен «Samruk-Kazyna Trust» КҚ қамқоршылық кеңесінің мүшелері Нұрсайрашқа тиесілі құрал-жабдықты үйіне жеткізіп берді. Оның жүзіндегі қуанышты көріп біз де сүйіндік. Игілікті жоба алдағы уақытта да талай жанды қуанышқа бөлейді-ау деген ойға қалдық. Бірақ «алмақтың да бермегі бар» дегендей, енді жоба түлектері алдағы уақытта жоба аясында тағы да өз біліктілігін шыңдай түспек.

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

Атқарылар іс ауқымды

Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбек жылдың алғашқы тоқсанындағы халықпен кездесуін Пенжім ауылынан бастады.

Жиында өңір басшысы өткен жылы көтерілген мәселелердің дені шешімін тапқанын, кейбір шаруалар бойынша жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіліп жатқанын жеткізді.

– Биыл Жаркент қаласында 60 пәтерлі төрт тұрғын үйдің құрылысына бюджеттен 1,6 млрд. теңге бөлінді. Осы тұрғын үйлердің ауласын абаттандыруға және инженерлік-коммуникациялық желілерінің құрылысына 174,9 млн. теңге, ауданның ішкі жолдарын жөндеуге 928,4 миллион теңге қарастырылған, – деп жалпы өңірдегі атқарылар істің ауқымын аңғартқан аудан әкімі тұрғындармен де пікірлесу үшін Алтыүй, Надек, Шежін ауылдары кіретін Бірлік ауылдық округіне ат басын бұрып, жұртшылықты тыңдады.

Алтыүй ауылындағы көшелердің 90 пайызы жарықтандырылғанын, Ә. Қастеев атындағы орта мектепке жүргізілетін күрделі жөндеу жұмысы бойынша тиісті шаралар қабылданып жатқанын, Шежін ауылында жаңа мектеп салынып біткенін, дайындық жұмыстарын өзі барып тексергенін баяндап, Надек ауылы бойынша жеке тұрғын үй салу үшін инженерлік-коммуникациялық желілері құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге 21,1 млн. теңге бөлінгенін атап өтті.

Шетелдік көлігін заңдастырды

Бүгін, яғни, 23 қаңтар Қазақстанда шетелдік көліктерді заңдастыру науқаны басталды. Талдықорғанда шетелдік көлігін бірінші болып заңдастырған Дина Қалдыбек қаржысының айтарлықтай үнемделгенін жеткізді.

Талдықорған қаласының тұрғыны, 35 жастағы Дина Қалдыбек 2022 жылы Грузиядан әкелінген көлігін тіркеді.

– Көлік Америкадан Грузияға жеткізілді. Грузиядан Қазақстанға алып келгенде кедендік рәсімдеу мен салығына шамамен 1 млн. 850 мың теңге төледік. Ал біз Грузиядан алған көлік Lexus nx 200t маркалы, 2016 жылы шыққан. Грузиядан 24 мың долларға алдық. Көлікті заңдастыру үшін 2,3 миллион теңгеге жуық қаржы төлейтін едік. Мемлекет басшысының тапсырмасының нәтижесінде мен 200 мың теңге ғана төледім. Талдықорғандағы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында көлігімді екі сағаттың ішінде заңдастырып алдым. Президенттің тапсырмасымен жасалған жеңілдік бізге үлкен көмек болды. Бүгінгі күн мен үшін мереке сынды», – деді Дина Қалдыбек.

Кез келген көлік иесі бұл науқанды пайдалана алады және заңдастыруға өтініш бере алады.

● Біле жүріңіз!



Зейнетақы, жәрдемақы төлемінің мөлшері өсті

2

● Кәсіподақ



Жетісулықтарға тиімді бастама

2

● Маман мінбері



Жол қауіпсіздігін сақтаңыз!

4

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ұқсата білген ұтады

Жаркент өңіріндегі Үлкен Шыған ауылында тұратын Сәбитжан Дауыров мал бордақылап сатуды біраз жылдан бері кәсіп етіп келеді. Әкесі Аким өмір бойы бұрынғы ұжымдық шаруашылықта мал маманы болып жұмыс істегендіктен Сәбиттің бұл істе білетіні көп.

Кезінде Алматы құрылыс институтын тамамдаған жоғары білімді құрылысшы ірі қараны қорада ұстап, бордақылауға қолайлы нысандар жасауды қолға алыпты.

Сәбитжанның ауыл ішінде 100 бұқа бордақылауға арнап жасаған қорасын көріп, салмақты шаруаны қолға алғанын аңғардық. Екі қатар ұзынынан қойылған науалардың бойында әр малға арналған шынжырлы нокта бекітілген. Едені түгел цементтелгенімен мал тұратын орынға тақтайдан төсеніш жасалыпты. Күнделікті мал көңін шығаратын арнайы арық та бетондалған.

– Жазда малымыз жайылымда, күн суытқанда қораға байлап бордақылаймыз, – дейді қожалық басшысы. – Өзімізге тиесілі 20 гектар суармалы жеріміз бар. Оның 5 гектарына жоңышқа, қалғанына жемдік жүгері өсіріп, күзде бәрін жинадық. Басқа қожалықтармен бірігіп өсірген тағы 40 гектардай жүгеріміздің өнімін сатып, түскен қаржыдан үлесімізді алған соң бордақыға қоятын қосымша бұқалар аламыз.

Бордақылау алаңында 500 тонна собықты жүгері еркін сиятын қойма жасалыпты. Оның жанына тәулігіне 10 тонна дән тартатын шағын диірмен орнатылған. «Ұқсата білген ұтады» деген осы.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Үлкен Шығаң ауылы
Панфилов ауданы

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

ШАМШЫРАҚ

«Мұғалім – мектептің жүрегі». Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің бұл сөзі бүгінгі қоғамда да өте өзекті.



МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ қай деңгейде?


Елдегі әрбір тұлғаның болашағына айқын бағыт-бағдар беретін бірден-бір тұлға ол – ұстаз! Осы орайда педагог мәртебесінің қандай деңгейде қорғалып жатқанын қарастырып көрейік.

Көптің көкейін осы сұрақ мазалайды. Әлеуметтік желі, интернет басылымдардан ұстаз бен оқушының арасындағы түрлі қарама-қайшылық, келеңсіз оқиғаларды жиі көзіміз шалады. Осы тұста білім нәрімен сусындатын, мамандығына адал ұстаздардың абырой биігінің, беделінің аласарып жатқанын көргенде көңілдің түсіп қалатыны жасырын емес.

(Соңы 4-бетте)

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Қазіргі уақыт – жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамы. Әр адам заманға сай өмір сүруді қалайды.



Ғаламторға байланған қоғам

Білімді шыңдау, жұмыс іздеу, сауда жасау, коммуникация, табыс табудың өзін әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асыруға болады. Бірақ, ғаламтордың да зиянды тұсы жетіп артылады. Осыған орай, әлеуметтік желінің пайдасы мен зиянына жан-жақты тоқталып көрейік.

2022 жылғы жалпы зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстанда ең танымал әлеуметтік желі «Facebook», одан кейін «Pinterest», «Twitter», «YouTube», «ВКонтакте», «Instagram» және «TikTok» тұр. Аталған әр желінің пайдаланушыларының жас ерекшеліктері де әртүрлі. Мәселен, «Facebook» желісінде орта жастағы адамдар отырады. Ал «ВКонтакте» желісін көбіне жасөспірімдер, «Instagram» мен «TikTokты» жастар қолданады.

(Соңы 4-бетте)

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

● Іс пен нәтиже



Бірлік мықты болса, тірлік түзеледі

2

● Шипагер



Ұлу терапиясы пайдалы

4

● Қылқалам



Сурет салу – ауа жұтумен тең

5

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

8 747 390 09 90

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.7-su.kz Jetisu2002@mail.ru

№20 (19159) senbi, 18 aqpan, 2023 jyl

■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

БЕРЕКЕЛІ ЖЕРІ, АЙДЫНДЫ КӨЛІ, ТУРИЗМНІҢ ТӨРІ

Көрген жанның көз жауын алатын, айдынында ақ шағала қалықтаған аймақ – Алакөл. Ақ толқыны аспанға атқан айдын көлімен, бауырында аң-құсы өрген асқаралы тауымен, ел жайлаған ен тоғайымен, төрт түлік малға құт болған шағылды құмымен ерекшеленген өңірдің кейінгі жылдары әлеуметтік әлеуеті жақсарып, экономикасы өркендеп, елдің еңсесі көтеріліп, қиын жылдары қирандыға айналған ауыл келбеті түрленіп, гүлденіп өзіне тарта бастады.

Қажет АНДАС

Бүгінде сол байлықтың бағасын асырып, ел ырысын еселеп отырған аудан халқының талпынысына іштей сүйсінесің. Бейсенбі күні Жетісу облысының әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Алакөл ауданына арнайы барып, атқарылған жұмыстармен танысып, елді мекенде шешімін күткен мәселелерді бағамдап, тұрғындармен кездесіп, ұсыныс-тілегін тыңдап қайтты.

Облыс әкімі Алакөл ауданындағы сапарының алғашқы жұмыс ретін аудандағы бірқатар маңызды нысандарды аралаудан бастады. Алдымен аудан әкімі Алмас Абдиновтың бастауымен Тентек өзеніндегі су торпасын көруге барды. Ынталы ауылының іргесінде орналасқан ауыл шаруашылығы суармалы егістік жерін сумен қамтамасыз ететін торпа 1975 жылы пайдалануға берілген. Өз кезінде қуаттылығы 30 мың гектар егістік алқабын суаруға лайықталған нысанның тоза бастағаны анық. Өткен жылдың қазан айында «Шымкент су метрология» ЖШС көпсалалы зерттеу жұмысын жүргізіп, ақауларды анықтап: «Барлық қақпақтың резеңкесін толық ауыстыруды және су өтетін өткізгіштердің астын бетондау үшін күрделі жөндеу жұмысын жүргізу қажет етеді» деген қорытынды шығарыпты.

«Қазсушар» РМК Алматы филиалының директоры Саят Құдайбергенов су өткізетін қақпалардың тығыздағыш резеңкесін ауыстыруға «Қазсушар» РМК Алматы филиалы өз қаражаты есебінен 23,0 млн. теңге қарастырып, конкурстық рәсімдер жүргізілетінін айтып, жөндеу жұмысын суару маусымы басталғанша аяқтайтынын жеткізді. Нысанды аралап көрген облыс әкімі алакөлдік дикандардың ала жаздайғы төккен терін ақтауға сеп болатын тоспа құрылысының жаңғырту жұмысын назардан шығармайтынын айтты.

Келесі кезекте облыс басшысы бастаған топ Үшарал қаласындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік көмек көрсететін және оңалтумен айналысатын «Жансая» оңалту орталығына ат басын бұрды. Өткен жылы облыстық бюджеттен 135 млн. теңге бөлініп, бой көтерген нысан өзінің мүмкіндігімен де, мүмкіндігі шектеулі баласы бар ата-аналардың өз кәсібімен айналысуына жағдай жасайтын көмегімен де жұрт көңілінен шығып келеді. Бастапқыда 50 орынға арналып жоспарланған орталықта бүгінде 20 бала ем алуда.

Орталық директоры Серік Серғазинов облыс әкіміне мекеменің тыныс-тіршілігімен таныстырды. Аулада балаларға арналған ойын алаңы, мүгедектігі бар балалар үшін түрлі жаттығу ойын кешені бар. Жатын бөлмелері жарық әрі жайлы, орталықтың монтессори, сенсорлық, физиотерапия, емдік дене шынықтыру кабинеттері арнаулы әлеуметтік қызметтерді сапалы көрсететін заманауи жабдықтармен жабдықталған.

(Соңы 3-бетте)

САЙЛАУ – 2023

Заңбұзушылық болмауы керек

Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде арнайы брифинг өткізген Жетісу облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Тимур Дәуітов биылғы сайлаудың ерекшелігін таныстырып, барлық деңгейдегі мәслихаттар мен Парламент Мәжілісіне үміткерлерге қойылар талаптарды ортаға салды.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Оның айтуынша, алдағы 19 наурыз күні өтетін сайлауға үміткерлерді ұсыну 20 қаңтарда басталып, 8 ақпанда аяқталған. Содан бері ұсынылған 597 кандидаттың 18-і Мәжіліске, 66 кандидат облыстық мәслихатқа партиялық тізім бойынша, 63 үміткер бірмандатты округтер бойынша, 450 кандидат аудандық және қалалық мәслихаттарға депутат болуға үмітті екенін жариялаған. Бұл бір мандатқа орта есеппен 3,3 адам келеді деген сөз.

ҚР Конституциясы және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына байланысты Парламент Мәжілісінің депутаты ҚР азаматы ретінде ел аумағында соңғы 10 жыл тұруы тиіс және жасы 25 жастан төмен болмауы керек. Ал ҚР азаматтығы бар Мәслихат депутатының жасы 20 жастан басталуы тиіс. Сайлауға және сайлануға құқығы жоқтардың қатарына сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырғандар кіреді. ҚР Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттығына жазасын өтемеген немесе соттылығы алынбаған; сыбайлас жемқорлықпен сотталған адам кандидат бола алмайды.

Осы уақытқа дейін ҚР Парламенті Мәжілісіне №17 бірмандатты сайлау округі бойынша ұсынылған 13 кандидат аумақтық сайлау комиссиясына тіркелді. Жетісу облыстық мәслихат депутаттығына партиялық тізім бойынша «Аманат», «Ақжол», «Ауыл», «Қазақстанның халық партиясы», «Республика», «Байтақ» партиялары өз кандидатын ұсынып қойды. Ұсынылған тізімнің сәйкестігі тексеріліп, 4 партиялық тізім тіркелді.

Биыл атап айтқанда, барлық деңгейдегі мәслихаттарға 168 депутат сайланады. Оның 32-сі облыстық мәслихаттың, 136-сы аудандық және қалалық мәслихат депутаттары. Жалпы, облыстық мәслихат депутаттарын сайлау бойынша 16 бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша ұсынылған 63 кандидаттың 36-сы өзін-өзі ұсынса, 26-сы партиялардан түсіп жатыр. Ал аудандық және қалалық мәслихат сайлауына барлығы 450 кандидат ұсынылған. Оның 284-і өзін-өзі ұсынса, 166-сы саяси партиялардан. Қазір 291 үміткер тіркеліп үлгерген.

Кандидаттарды тіркеу жұмысы 18 ақпанда сағат 18.00-де аяқталып, кандидаттар сайлау алдындағы үгіт-насихатқа кіріседі.

Сайлауға қатысатын 11 аумақтық, 145 округтік және 458 учаскелік сайлау комиссиясында 3764 комиссия мүшесі жұмыс істейді. Жетісу облысындағы сайлаушылардың саны 450 мың адамды құрайды.

Брифингтің сұрақ-жауап бөлімінде алдымен «Қазақстан» телеарнасының тілшісі Қуаныш Серікханов үміткердің штаб құруға міндетті немесе міндетті еместігін сұрады. Оған жауап ретінде кандидаттың сенімді өкілі ретінде кем дегенде 3 адам тіркелуі тиістігі және штаб құру міндетті еместігі айтылды. Одан соң блогер Дина Таңсәрі депутаттыққа кандидат ретінде өзін-өзі ұсынған Руслан Қожасбаев пен Болат Керімбектің әлдебір газетке шыққан суретін үгіт-насихат ретінде есептеліп, заңбұзушылыққа жататын, жатпайтынын сұрады. Осы мәселеге орай облыстық прокуратураға шағым түскенін атап өткен Тимур Ермекұлы тексеру кезінде қос үміткер жарияланған суретті өздері салмағанын алға тартқанын, соған орай ешқандай заңбұзушылық белгісі анықталмағанын түсіндірді. Егер ондай әкімшілік заңбұзушылық әрекет ретінде үгіт-насихат ашық жүргізілсе айыппұл салынады.

Одан соң бұған дейінгі сайлау кезінде анықталған дауыс ұрлау деректері тіркелсе не болатынын сұраған блогерге аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы:

– Барлық сайлау комиссияларының басты міндеті – ашық, адал, турашыл, жария сайлау өткізуді қамтамасыз ету. Сондықтан заңбұзушылықтардың болмауы үшін сайлау комиссия мүшелерін 4 кезеңмен оқытудан өткізіп, біліктілігін арттырдық. Атап айтқанда, ұйымдастыру жұмыстары алдымен қашықтықтан оқытылса, екінші Мемлекеттік басқару академиясының жанынан білім алады. Үшінші – өзіміз аудандарға жылжымалы семинарлар өткіземіз. Төртінші – кезеңдік тәсілмен оқытамыз. Яғни, сайлау кезінде ешқандай заңбұзушылық болмауы үшін комиссия мүшелері толығымен оқытуға қатыстырылады, – деп мәселенің маңыздылығын түсіндіріп өтті.

Бұдан кейін сайлау байқаушыларын тіркеуге, сенімді өкілдердің міндетіне, әділ сайлау өткізуге қатысты сауалдардың жауабы беріліп, көпшіліктің көңілін тербеген мәселелер тарқатылды.

МИНИСТР ЕЛ ІШІНДЕ

ҚР Ауылшаруашылық министрі Ерлан Қарашөкеев жазиралы Жаркент өңіріне келіп, аудандағы бірқатар ірі өндіріс орындарын аралап, ауылшаруашылық өнімдерін өсіру мен өңдеу жұмыстарының барысымен танысты.



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Өндіріс орындарындағы өркенді істер

Министрді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев, облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев және Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбек қарсы алып, алдымен Айдарлы ауылдық округіне қарасты «Sky Agro» ЖШС-нің қызанақ өсіретін жылыжайын көрсетті.

Лауазымды тұлғаларға жұмыс барысымен серіктестік директоры Илмаз Кемаль таныстырды. Жылыжай 2016 жылдан бері жұмыс істеп тұр. Оның жалпы жобалық құны 7,2 миллиард теңгені құрайды. Негізінен томат өнімін өндіретін кәсіпорын жылына 750 тонна қызанақ өндіріп сатады. Серіктестік Алматы қаласы мен Алматы және Жетісу облысының тұрғындарын жыл бойы қызанақпен қамтамасыз етеді.

Бұдан кейін министр «Көктал Агро» ЖШС тауарлы-сүт фермасының жұмысымен танысты. Мың гектардан астам жерге жүгері, көпжылдық шөп өсіретін шаруашылықтың жемшөп базасы мығым. Сондықтан да серіктестік 2,5 миллиард теңгеге мың бастан астам сауын сиыр ұстай алатын кешенді қора салып, 2019 жылы тауарлы-сүт фермасын іске қосты. Серіктестік малын жыл бойғы жемшөппен өздері қамтамасыз етіп отыр. Министрге фермадағы ілкімді істерді ЖШС жетекшісі Жәнібек Оқанов көрсетіп, серіктестік жұмысының мән-жайын айтып берді.

Жаркент қаласында полипропиленнен жылына 48 миллион қап шығаратын зауыт құрылысы 2012 жылы пайдалануға берілген. Зауыттың жұмыс істеу жүйесі бірнеше цехтан тұрады. Мұнда бастапқыда мұнай қалдығынан алынатын 21030-16 маркадағы полипропиленнен қыздырып еріту арқылы жіп иіріледі. Келесі кезекте ол жіп тоқылып, жалпақ материалға айналып, одан сұранысқа қарай сыйымдылығы 25-тен бастап, 150 келілік қаптар тігіледі. Қазір зауытта 552 адам ауысымдық жүйемен жұмыс істеп жүр.

– Зауыт өнімдеріне сұраныс жоғары. Сапалы тігілген қаптарға отандық тауар өндірушілермен қатар Ресей, Украина, Балтық теңізінің жағалауындағы елдер тапсырыс беруде, – дейді министрге зауыт тіршілігін таныстырған ЖШС директоры Закир Кузиев.

Жаркент қаласында 2013 жылдан бері жүгері дәнін өңдейтін «Жаркент крахмал-сірне» зауыты – бүгінгі таңда қанатын кеңге жайған ірі өнеркәсіп орындарының бірі. Мұнда 292 адам тұрақты еңбек орнын тапқан. Зауыт өндірген өнімнің сапасын бақылайтын өз сарапханасы бар.

Биыл Панфилов ауданының жүгерішілері жалпы 26 мың гектардан астам жерге «дала аруын» өсіріп, 160 мың тоннадан жоғары өнім алған. Өткен жылмен салыстырғанда биыл 20 мың тоннадан астам астық мол жиналған. Соның 100 мың тоннадан астамын «Жаркент крахмал-сірне» зауыты сатып алып, ұқсатуда. «Жаркент крахмал-сірне» зауытының жүгері дәнінен өңдеген өнімдерін еліміздегі «Рахат», «Трейдинг қағазы», «Хамле», «Іле картон-қағаз комбинаты», «Жамбыл гипс», «Рудстройсервис», «Қазупак», АХБК компаниялары сатып алады. Зауыт өніміне шетелдерден де тапсырыстар бар.

Ауылшаруашылық министрі өңірдегі өндіріс орындарын аралаумен қатар сапар барысында «Универсал» ЖШС жиынжайында ауылшаруашылық еңбеккерлерімен кездесіп, жағдайларымен танысып, туындаған мәселелерін білу үшін актив жиынын өткізді. Басқосуда алдымен министр баяндама жасап, еліміздегі агроөнеркәсіп өндірісінің жаңалықтарын жеткізді. Сонымен қатар, Жетісу облысы еңбеккерлерінің өткен жылғы өндірістегі жетістіктері сараланды. Биыл атқарылатын жұмыс жоспарлары талқыланды.

Кезедесуден кейін жеке мәселелері бойынша аудан тұрғындарын қабылдаған министр ұсыныс-өтініштерді Үкімет отырысында талдап, шешім қабылдайтынын мәлімдеді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Панфилов ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru


ЖЫЛЫЖАЙ



«Альстромерия» – оның екінші атауы Перу лала гүлі. Оңтүстік американдықтардың сенімінде «шапақ сынды гүл шоғырын Алланың адамзатқа жіберген сыйы» деп қалыптасқан түсінік бар. Бұл гүлді Еуропаға алғаш рет швет бароны Клаус фон Альстромер әкеліп, жерсіндіргендіктен гүлдің атауы соның есімінің құрметімен берілген. Европа тұрғындарының құрметіне бөленген гүл бүгінде жерлестеріміздің қуанышын еселеп, сыйластық пен достықты нығайтып жатқанына Көксу ауданы, Мұқыры ауылындағы Балжан Нүсіптің гүл өсіретін жылыжайын көргенде білдік.

Альстромерия ауылда өседі





Қажет АНДАС

– Гүл өсіруді өткен жылдың ортасында бастадық. Жылыжай 4 сотық аумаққа орналасқан. Басында интернеттен аталған гүлге қатысты ақпараттарды қарадық. Сосын оның климатқа бейімділігіне, нарықтағы сұранысына, баптап-күту мүмкіндігіне талдау жасадық. Көп ойлана келе, тұрғылықты жерде өсіруге болады деген сенімге келдік те, жұмысты бастап кеттік. Себебі, бұл гүл тұқымнан көбейеді. Бір рет еккен тұқым үш жылға дейін өнім береді. Гүлдің бүршік жарғанынан, гүлдеп, тергенге дейін берісі бір жеті, арысы 10 күн уақыт кетеді. Гүлдің әр тамырынан 7-8, кейбірінен 10 талдан астам гүл шығады. Қазір Талдықорғандағы гүл сататын дүкендерге келісім бойынша жеткізіп отырамыз, – дейді Балжан.

Халқымызда: «Тәуекел түбі – желқайық, өтесің де кетесің» деген нақыл бар ғой. Былай қарасаң, қаладан алыстау, үлкен жолдан қиыс жатқан Мұқыры ауылынан гүл өсіретін жылыжай салу – үлкен батылдықтың нәтижесі. Айта кетерлігі, ауылдағы ағайындардың арасында: «Тек ауылда егін егіп, мал өсіруге ғана болады» деген түсінік қалыптасып қалған. Балжан Нүсіптің ұмтылысы осы түсінікті теріс-теп, ауылда да қаладағылардың сұранысын қанағаттандыратын кәсіппен айналысуға болатынын дәлелдеп отыр.

Бүгінде гүл өсіру отбасылық кәсіпке айналып кеткенін көрдік. Қазір бұл жұмысқа Балжанның жары Самат Жұмағұлов, енесі Асылқан Омарбекқызы да көмектесіп тұрады. Бүгінде 5 баланы өмірге әкелген Самат пен Балжанның жұмысқа жарап қалған ұлдары Азамат пен Ерасыл да бос уақытында жылыжайда жұмыс істеп, ата-анасына көмектеседі.

Әрине, Балжанның үйде бос отырмай адал еңбекпен кіріс кіргізгені құптарлық іс. Ең бастысы, балаларын еңбекке баулыған өнегесі болашақта үлкен жетістіктермен өлшенетіні анық.

– Қазір гүлдің дәл осы түрін өсірумен айналысатын жылыжай Жетісу облысында жоқ. Бұл да біздің жұмысымызды жетілдіруге сеп болып тұр. Алдағы уақытта жылыжайдың аумағын ұлғайтып, тағы да 5 сотық жерге гүл екпек деген ойымыз бар, – дейді Балжан Нүсіп.

Айта кетерлігі, Балжан кәсібін өз қаражатымен жүргізіп отыр. Дегенмен, мемлекет тарапынан қолдау танытылса, олардың кәсібі одан ары өркендей түсетіні анық.

Мұқыры ауылы
Көксу ауданы

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Антына адал азаматтар

Аттай шауып жүрген 16 жастағы Нұрәли ұлым аяқастынан басы ауырып, әлсіреп, ауырып қалды. Бұрын «бір жерім ауырып тұр» деп шағым айтып көрген емес, баламның жөпелімде нашарлап қалғанын көргенде өзімді қоярға жер таппай кеттім. Бірден «Жедел жәрдем» шақырып, Нұрәлидің минут сайын төменден бара жатқанын айттық. Аллаға мың да бір шүкір, «Жедел жәрдем» де тез келіп, ем-домын жасады. Жағдайдың қиын екенін білген дәрігерлер бірден ауруханаға әкетті.

Облыстық көпсалалы балалар ауруханасына жеткізді. Антына адал дәрігерлер бірден Нұрәлиді тексерістен өткізіп, қабылдап алды. Жанымызды шүберекке түйіп, біз қалдық. Мұндай сәтте Жаратқанға жалбарынудан басқа қолдан келер дәрмен жоқ. Көзіміздің жасын төккеннен не пайда, сәт сайын дәрігерлерден баланың жағдайын сұраумен болдық. Бұл уақытта Нұрәли есін жоғалтып, жансақтау бөліміне түскен екен. M.Sc 1 медицина ғылымының магистрі, 1-дәрежелі врач анестезиолг-реаниматолог, бөлім меңгерушісі Бек Бегімбетов пен нейрохирург Ермек Бабажанов ұлымның денсаулығы үшін барын салды. Сырттан маман шақыруға уақыт тығыз, жоғары жаққа апаруға жолға жарамайды, ақыры күрделі отаға өздері кірісті. Нұрәлидің басында гематома бары анықталып, шұғыл ота жасамаса болмайтын болды. Сәл кешіксек, баладан айырылып қалуымыз әбден мүмкін еді. Бар біліктілігін салып, Нұрәлидің өмірін аман сақтап қалу үшін 4 сағат жанталасты. Нұрәлиге сәтті ота жасалды. Екі дәрігердің арқасында ұлым Нұрәлидің жаны аман қалды. Антына адал, қолдарының шипасы бар Ермек Мұқанұлы мен Бек Мұратханұлына алғысымыз шексіз. Бірінші Алла, екінші осы азаматтардың арқасында Нұрәлиміз күн санап тәуір болып келе жатыр. Күрделі отаны қолға алып, ұлымның денсаулығына алаңдаған дәрігерлерге алғыстан айтар басқа сөзім жоқ. Еңбектеріне табыс, өмірлеріне бақыт, елдің алғысына бөленіп, ғұмырлары ұзақ болғай. Үлкен ерлік жасаған азаматтарға мәңгілік қарыздармыз. Отбасымның атынан алғысымды газет арқылы білдіргенді жөн санадық. Адам жанының арашасы болған Ермек Мұқанұлы мен Бек Мұратханұлы, біздің шексіз алғысымызды қабыл алғайсыз!

Нұрәлидің ата-анасы
Екпін-Бақытгүл Ержігітовтер отбасы

Құттықтаймыз!

Алакөл өңірінің тумасы, Алматы қаласында тұратын Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, «Парасат» орденінің иегері, Абай облысы Үржар ауданының, Жетісу облысы Алакөл ауданының Құрметті азаматы, Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласындағы Қаракерей Қабанбай батырдың бейнесін мүсіндеген бейнегер мүсінші **Болат Далбасұлы ҚҰСАЙЫНОВТЫ** 8 наурызда толатын асқаралы 60 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!



Шаңырағыңызға шадыман шаттық, береке-бірлік, табысты тірлік тілейміз. Жан жарыңыз Айгүл екеуіңіздің шалқарлы өмір айдынында қатар жүзген қос аққудай жұптарыңыз жазылмасын. Барша жақсылық шапағатын бірге көріңіздер дей келе, мерейлі мерекеге шашу ретінде жыр шумақтарын арнаймыз:

Өткен күндер артта қалған елесің,
Тіршіліктің жүйткіте бер кемесін.
Басыңызға ырыс, құт пен бақ орнап,
Құтты болсын айдарлы 60 белесің!
Қызығына ұрпағыңның кеңеліп,
Жүре бергін құрметке бөленіп.
Алуа мен Дінмұхаммед, Дәмелің
Тұлға болсын мықтыларға теңеліп.
Қуаныш пен нұрға толып жүзіңіз,
Құшағында бақытты өмір сүріңіз.
Бала-шаға қызығына марқайып,
Ортамызда сайран салып жүріңіз!
Мықты адамдар, жайсаң жандар туысың,
Отбасыңның тірегісің, туысың.
Әрқашанда төрт құбылаң тең болып,
Бақ-ырысқа толып жүрсін уысың.
Асқар таудай асқақ болсын көңілің,
Саржайлаудай жайлы болсын өмірің.
Адалдықтың туын берік ұстай бер,
Имандылық нұр сыйласын Тәңірің!

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН : Болат ТОПАШЕВ
Талдықорған қаласы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу үшін өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыру

Құжаттарды қабылдау: «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ;

Пошталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 040000, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26;

Электрондық пошта мекенжайы: upravlenie.pred@zhetysu.gov.kz;

Толық ақпаратты: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, 3-қабат, 303-каб. немесе 87472100700 телефоны арқылы білуге болады.

Нысанасы: 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 20-бабына және 79-4-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021 жылдың 28 қазандағы №773 Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021 жылдың 9 қарашадағы №795 дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізуге арналған өтініштерді «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ қабылдайды.

Өтінім берілетін жер: «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ.

Құжаттаманы ұсыну мерзімі: 2023 жылдың 1 наурызынан бастап 15 наурыз аралығында.

Өтінімдерді берудің басталу күні: 2023 ж. 1 наурыз.

Өтінімдерді берудің аяқталу күні 2023 ж. 15 наурыз.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылдауға жатпайтынын атап өтеміз.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Конкурстық құжаттамамен сіз мына сілтеме бойынша таныса аласыз: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000773.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК
Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактордың орынбасары:
Жұматай ӘМІРЕЕВ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, бас редактордың орынбасарлары — **40-20-65, 40-20-67**, жауапты хатшы — **40-10-30**, бөлімдер — **40-00-98, 40-11-19, 40-00-15**, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **40-20-78**, фототілшілер — **40-20-79**, жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09**.
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — **8-777-388-57-77**, Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**,
Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Мәулен ӘНЕРБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында терілліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 276
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы – 20 100, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 13 015.
Индексі – 65469.

4 sáýir
2023 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№39 (19178) ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

СЕНБІЛІК

Жасыл желек жайқалады

Елді мекендерді санитарлық тазалық, абаттандыру және көгалдандыру айлығы аясында Талдықорғанда жалпықалалық сенбілік өтті. Оған облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ

«Атадан мал қалғанша тал қалсын» демекші, сенбілік қаладағы «Жеңіс» саябағына ағаш отырғызудан басталды. Облыс басшысы Бейбіт Исабаев, өңірдегі ардагерлер, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, еріктілер, мүмкіндігі шектеулі жандар мен жастар ұйымдары «Жеңіс» саябағына мыңнан астам қылқанжапырақты ағаш отырғызды. Шараға жиналған жұрт ауа райының қолайсыздығына қарамай екі қолға бір күрек ұстап ағаш егуге кірісті. Қыс мезгіліне төзімді әрі шаң-тозаңды тез жинап алатын қылқанжапырақты ағаштарды егуге бұқаралық ақпарат құралдары да белсене араласты. Тазалық және көгалдандыру жұмыстарына 6 мыңға жуық адам, коммуналдық мекемелердің 50 техникасы тартылды. Сонымен қатар, қаладағы әр мекеменің еңбек ұжымдары өзіне қарасты аумақтарға тазалау жұмыстарын жүргізді.

Шара барысында аймақ басшысы осындай игі шаралардың әлі де жалғасатынын тілге тиек етіп, биыл Жетісу облысында 93 мыңнан астам көшет отырғызу жоспарланғанын, оның 2 мыңдайы бүгінге дейін «Жеңіс» саябағына отырғызылғанын айтты. Сенбілікте жалпы көлемі 900 текше метрге жуық қоқыс жиналып, шығарылды.

«Бір тал кессең он тал ек» деген халық даналығын назардан тыс қалдырмаған талдықорғандықтар сенбілікке белсене атсалысты. Айналаны жасыл желекке орап, саябаққа отырғызылған ағаштар әсем бейнесімен көз тартарлық. Әрбір жайқала өскен ағаш қаланың ажарын ашып, тұрғындардың көңілін серпілтері анық.





Белсене қатысуда

Аптаның соңында өткен дәстүрлі сенбілікте көше жиектері, арық жүйелері, саябақтар, мекемелердің ауласы күл-қоқыстан тазартылып, кепкен ағаштардың бұтақтары кесілді.

Аудан аумағын абаттандыру мақсатындағы жалпыаудандық сенбілікке өңір тұрғындарының қатысу белсенділігі артып келеді. Осылайша «Жастар», «Қойтас», «Қазақ хандығына 550 жыл», «Жеңіс» саябақтарындағы қарағай, шыршалардың реңі кіріп, жаяу жүргінші жолдары тазартылды. Сарқан өзенінің жағалауы қыс бойғы қоқыстардан арылды. Аудан бойынша 700 түпке жуық ағаш көшеттері отырғызылды.

– Сенбілікке барлық мекеме, кәсіпорын қызметкерлері бір адамдай қатысып, көзден тасада қалатын аймақтарды тазарттық. Әрине, жалпы, аудан тұрғындарының бізбен бірлесе шығып, әсем қаламыздың қоқыссыз болуына өз үлестерін қосқаны жақсы болар еді, – дейді аудан әкімінің орынбасары Жомарт Мыңбаев.

Сенбілікке 35 техника, 1700-ге жуық тұрғын жұмылдырылып, тұтастай алғанда 30 тонна күл-қоқыс шығарылды.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ
Сарқан ауданы

● «Jetisý» жазып еді



Төлтаңба ауысты

2

● Ел ертеңі



Болашақ сардарлар байқауы

3

● Бауырлас



Түбі бір түркі жұртымыз

4

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

БАЙЛАНЫС

Қызмет ауқымы кеңейді

«Қазпошта» АҚ «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ-мен бірлесе отырып Алматы, Павлодар және Ақмола облыстарында пилоттық жобаны іске қосты. Әрине, бұл қатарға Жетісу облысының да кіретінін айта кеткен жөн.

Қажет АНДАС

Енді аталған өңір тұрғындары ауылдық пошта бөлімдерінде шамамен 27 мемлекеттік қызметті ала алады. Оның ішінде жәрдемақының кейбір түрін, мүгедектігі бар адамдарға керекті құжаттарды да рәсімдейді. Мекенжайы бойынша тіркеліп, мұрағаттық анықтама немесе мұрағаттық құжаттың көшірмесін де алуға болады.

Мұның өзі ауылды жердегі тұрғындардың аудан мен қалаға сабылатын уақыт пен жол және басқа да шығындарын үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ауылдық бөлімшелер жұмысын ынталандыруға әрі экономикалық тиімділігін арттыруға жол ашады.

Жаңа бастама жайлы ҚР Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин:

– Мемлекеттік қызметтерге және мемлекеттік органдарға қол жеткізу нүктелерін ашу ауыл тұрғындары үшін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігіне кепілдік беріп қана қоймай, цифрлық сервистер мен өзге де мүмкіндіктерді танымал етуге жол ашатын базалық жоба. Биыл 100-ге жуық, алдағы уақытта 2 мыңға жуық осындай нүктелерді ашу жоспарлануда, – деп атап өтті.

Бүгінде Қазпошта ұйымдастыру-дайындық жұмысын жүргізіп, әдістемелік және интеграциялық процестерді дайындауда. Дайындық кезеңінде ХҚО жүйесі тестілеуден өтіп, мемлекеттік қызмет көрсетудің реті мен алгоритмі зерттеледі. Алдағы уақытта ХҚО ақпараттық-коммуникациялық жүйесінде жұмыс істеу үшін ауылдық бөлімшелердің 50 операторы оқытылды.

Әрине, мемлекеттік қызметтерді кез келген адам ала алуы керек. Осы ретте қызметті алушының жеке мәліметтері құпия сақталатынын да ескерте кеткеніміз жөн. Өйткені, Қазпошта қызметкерлері ақпараттық қауіпсіздік мәселесінде Мемлекеттік корпорация саясатын ұстанатын болады.

КӨКТЕМГІ ЕГІС

Тыңға түрен салынды



Көктемгі дала жұмыстары басталған Кербұлақ ауданында биыл ауыл шаруашылығы дақылдарын 113,4 мың гектарға себу жоспарланған. Бұл былтырмен салыстырғанда 111 гектарға артық. Нақтырақ айтқанда, 98,7 мың гектарға дәнді дақыл, 1,4 мың гектарға майлы дақыл, 327 гектарға көкөніс, 700 гектарға қант қызылшасы, 1,2 мың гектарға картоп, 97 гектарға бақша дақылдары және 10,9 гектарға мал азығы егілмек.

Бүгінгі таңда аудан бойынша жоспардағы 30,6 мың гектар жердің 1,5 мың гектарына соқа түсіп, тусыраған жерге түрен салынды. Бұл туралы ақпарат берген Кербұлақ аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жалғас Қатжанов:

– Көктемгі дала жұмыстарына қажетті 11,4 мың тонна тұқым дайындалды. Бұл қажетті тұқым көлемінің басым бөлігін құрайды. Ал, жетіспейтін қант қызылшасы, дәндік жүгері, картоп пен күнбағыс дақылдарының тұқымын аттестатталған шаруа қожалықтарынан аламыз, – деп шаруашылықтарды қажетті тұқыммен қамтамасыз ету жұмыстарын таныстырып өтті.

Оның айтуынша, биылғы егіс жұмыстарына 3 333 дана ауыл шаруашылығы техникасы, яғни, 1 882 трактор, 621 соқа, 665 дана дәнсепкіш, 55 дана қопсытқыш, 120 дана жер тырмасы сынды қажетті техниканы жұмылдыру жоспарланған.

Жалпы, көктемгі дала жұмыстарына қажетті дизель отыны 3,8 мың тоннаны құрайды. Қазірдің өзінде оның 1 мың тоннасы ауданға жеткізіліп, 150 тоннасы шаруашылықтарға таратылды. Егіс жұмыстарына қажетті жанар-жағармайдың 1 литрі 212 теңгеден бағалануда. Осыған орай Жоламан, Қарашоқы, Сарыбастау, Қызылжар, Алтынемел ауылдарының диқандары егістік жұмыстарына қызу дайындалуда.

Раушан БЕЙСЕМБЕКОВА
Кербұлақ ауданы

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

Туризм тамыр жайған ауыл

Бүгінгі күнде Алакөл ауданында туризм саласы қарқынды дамып келеді. Бір ғана Ақши ауылының өзінде көл жағалауында туристік нысандар саны арта түскен.

Қазіргі таңда көл жағасында 278 демалыс орны бар. Бұл демалыс орындары тәулігіне шамамен 25 мың турист қабылдайды. Осыған орай аудан әкімінің орынбасары Д. Қанағатов Ақши ауылындағы орталықтандырылған кәріз жүйесінің жұмысымен танысты. 2021 жылы басталған кәріз жүйесінің жұмысы ағымдағы жылдың тамыз айында толығымен аяқталмақ. Жалпы ұзындығы 67 шақырымды құрайтын кәріз жүйесін «Толағай» ЖШС жүргізіп жатыр.

Ақши ауылында туристік салаға кері әсер етіп әрі жергілікті тұрғындардың өкпе-назын тудырып келген жайттың бірі – электр жарығының жетіспеушілігі болатын. Аталған мәселе бойынша өткен жылы бюджеттен қаражат қарастырылып, құрылыс жұмысы бастау алған-ды. Қазірге дейін аталған жұмыстың 80 пайызы біткен. Мердігер «Универсал строй сервис» ЖШС басшылығына аудан әкімінің орынбасары белгіленген уақытта әрі сапалы етіп бітіруді тапсырды. Айталық, аталмыш құрылыс жұмысы ағымдағы жылдың 1 мамырында аяқталуы керек деп жоспарланған.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Үздік ер адам бейнесі

Қазақтың біртуар перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай өткен «Сәлем» халықаралық комедиялық театр фестивалі мәресіне жетті.

Ш. Құсайынов атындағы қазақ музыкалық драма театрында 5 күн жалғасын тапқан айтулы шараға еліміздің және Өзбекстан, Қырғызстан мемлекетінің театрлары қатысты. Фестивальде облысымыздың намысын қорғап барған Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театры «Қазақы комедия» қойылымын сахналап, арнайы жүлдені иеленді. Сонымен қатар, театрымыздың талантты актері Еркебұлан Айдымбаев Даржан қарт рөлі үшін «Ең үздік ер адам бейнесі» аталымына ие болып, 300 мың теңгелік сертификатты қанжығалады.

Айталық, дүбірлі додада «Чарли Чаплин» трагикомедиясын сахналаған Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры тұғырдан көрінді.

АРДА БИ

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

СЫНЫПҚА СЫЙМАҒАН БАЛА мектепке бара алмай ма?



✓ Өткен оқу жылында Жетісу облысы бойынша 339 жалпы білім беретін мектепте 128758 оқушы білім алған. Оның ішінде 1-сыныпқа 13758 бала қабылданған. Биылғы болжам бойынша 13800 оқушы мектеп табалдырығын аттайды деп күтілуде.

Елімізде сәуір айының алғашқы күнінен бастап орта білім беру ұйымына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес бірінші сыныпқа қабылдау үшін құжаттарды рәсімдеу басталғаны көпке мәлім. Ағымдағы жылдың 1 тамызында аяқталатын науқанға тілек білдіруші ата-аналардың қарқыны жақсы. Десе де, білім саласында біршама мәселе туындағанын жақында ғана Ұлттық арнада көрсетілген «1001 түн» бағдарламасынан аңғардық.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Бүгінде көпшілік көрерменнің көзайымына айналып үлгерген аталмыш бағдарламада біршама дерек айшықталған. Оның бірі – биылғы 1-сынып табалдырығын аттайтын оқушылардың жалпы саны 400 мыңнан асатыны. Республика бойынша осынша бүлдіршін білім алатыны қуантады. Алайда, ұшауысымды мектептің санын жою мәселесін толығымен шешуге айналған осы шақта мектептерде орын саны шақты-шанақты болуы көңілге кірбің ұялатады.

Бағдарламаға қонақ болған білім саласына жауапты мамандардың айтуынша, алтын ұя мектепте орын жоқ деу «қате пікір» екен. Тек тапшылық байқалатын көрінеді. Мәселен, бір ғана Астана қаласындағы мектептерге 1-сынып оқушыларын қабылдау ісі көпшілікті алаңдатуда. Өйткені мектептерде орын жоқ. Мамандардың сөзінше сырғақтатсақ «орын тапшы». Соның салдарынан елордалық 26 мыңға жуық оқушының құжаты қанағаттандырылмай тұр. Осыған орай сала мамандары: «Мектептегі орын тапшылығын шешудің жолын қарастырып жатырмыз. Стандарт бойынша бір сыныпта 25 оқушы білім алу керек. Десе де, аталған мәселені жеңу үшін әр сыныпқа тағы 10 оқушыдан қабылдасақ та мұның алдын аламыз», – деп уәж айтқан.

Осы жерде журналистер қауымы тұрмақ қарапайым адамның көңіліне күдік ұялайды екен. Біріншіден, дамыған елдің сапынан тұғыр сайлаған мемлекетімізде адам денсаулығы, білімі басты орында. Соның себебінен Үкімет тарапынан жыл сайын білім саласына өте көп қолдау көрсетіліп келеді. Заманауи мектептер салынып, ұшауысымды білім ошақтарын түбірімен жою жолға қойылды. Оның сыртында Президентіміздің «Жайлы мектеп» жобасы тағы бар. Осындай үлкен жұмыс жүргізілген елімізде жарты миллионға да жетпейтін оқушының біршама бөлігі мектепке бара алмау қаупінде тұр. Екіншіден, жыл сайын жүргізілетін білім саласындағы реформаларға қыруар қаржы жұмсалады. Алайда, жаһандану дәуірінде таңданыстан жаға ұстатар жаңалық ашып жатқан ешкім жоқ. Ескі сүрлеудің бояуы қою түскен жерін сырғақтата сұйылтудың пайдасы бар ма деп ойланасың. Ойланасың да оқушыларды тұтас біліммен қанағаттандыруға Қазақстанның қауқары жоқ па деген күдікке бой алдырасың. Үшіншіден, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайтына жүгінсек, ел бойынша барлығы 7 550 мектеп бар. Олардың ішінде шағын жинақты мектептер саны 2 753-ті құрайды. Барлық оқушы саны – 3,6 млн. десек, шағын жинақты мектептердегі балалар саны – 192,6 мың. Ал ел бойынша мектептерде барлығы 366,6 мың педагог жұмыс істейді. Осындай цифр сөйлеген дерекке зер сала отырып ой жүгіртсеңіз, елімізде 1-сыныпқа қабылдау науқанында ешқандай мәселе туындамауы керек екенін іштей мақұлдайсыз. Десе де, біздің білім саласында бұл тақырып толғамға орам болып үлгерді. Өйткені астаналық ата-аналар шуы жалпы республикалық жағдайға ойтүрткі болып отыр.

Ойтүрткі демекші, Жетісу облысы бойынша да ақпар бере кеткен жөн. 1-сыныпқа қабылдау науқаны жоғарыда көрсетілген мерзім аясында іске асырылатыны белгілі. Бұл туралы облыстық білім басқармасы әлеуметтік желіде тікелей эфир ұйымдастырып, барлық білім беру мекемелерінің парақшалары мен сайттарында хабарландырулар орналастырған. Балаларды мектепке қабылдау қағаз және электронды түрде іске асырылып жатыр. Бейсен Құранбек атындағы журналистер үйінде болған баспасөз мәслихатында Жетісу облыстық білім басқармасы орта білім беруді дамыту, қорғаншылық және қамқоршылық, тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы Роза Тұрғанбаева бұл жайлы егжей-тегжейлі баяндаған. Жиын кейіпкерінің айтуынша, өткен жылмен салыстырғанда биылғы қабылданар оқушылардың айырмасы аса үлкен емес екен. Нақтылап айтсақ, өткен оқу жылында Жетісу облысы бойынша 339 жалпы білім беретін мектепте 128758 оқушы білім алған. Оның ішінде 1-сыныпқа 13758 бала қабылданған. Биылғы болжам бойынша 13800 оқушы мектеп табалдырығын аттайды деп күтілуде.

Аталмыш жиын барысында Роза Максимқызы 1-сыныпқа қабылдау туралы шарттар мен талаптарды да тұтасымен баяндап шықты. Ондағы айтылған дүниенің бәрі «Егов.кз» сервистік порталында тұрғандықтан тәтпіштеудің қажеті шамалы деп таптық. Біз негізінен сала маманының аузынан шыққан, таспаға басып алған дүниелерді айшықтап кетсек.

Облыстық білім басқармасының бөлім басшысы:

– *Мектепке қабылдауға өтінішпен «Электронды үкімет» порталы арқылы үйден шықпай-ақ білім беру ұйымына жүгіне алады. Ата-аналар құжаттардың толық емес пакетін, қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, ұсынылған құжаттардың дұрыс еместігін анықтаған кезде, сондай-ақ, сынып жиынтықтары шамадан тыс көп болған жағдайда білім беру ұйымы өтінішті қабылдаудан бас тартады,* – деп түсінік берді журналистер қауымына. Осы баяндамадағы «Шамадан тыс көп болған жағдайда» деген сөзіне зер салдық. Бүгінде облыстағы оқушылар саны Астана, Алматы, Шымкент секілді халық көп шоғырланған қалалармен салыстырғанда мүлдем төмен. Сондықтан да аталған жайтқа сай облысымызда ешқандай мәселе туындамауы керек-ті. Десе де, болжамнан асып кеткен жағдайда, яғни 13800 оқушы емес, 20 мың бүлдіршін мектепке баруы қажет болса қайтпекпіз?

– *Стандартқа сай 25 оқушыдан айналатын бір сыныпқа 35 оқушыны қабылдау өзекті мәселенің бірі. Оқушылар сыныпта неғұрлым көп болған сайын білім сапасы едәуір төмендейді. Сондықтан шама келгенше болжалды мөлшерден асырмауға тырысамыз. Қажетіне қарай қабылдап, оқушы саны ұлғайып кетсе қабылдаудан бас тартамыз,* – деген болатын баспасөз мәслихатында Роза Максимқызы. Ал Ұлттық арнаға берген сұхбатында елордалық мамандар 35 балаға дейін қабылдау білім сапасына әсер етпейтінін, ұстаздар қауымы барынша қанағаттандырарлық білім ұсынатынын жеткізген. Осындай ой қайшылығы туындаған екі тараптағы жиынды салыстыра келе біз облыстық білім басқармасына сауал жолдауды жөн санадық. Алып шаһарлардағы білім басқармалары секілді оқушы саны көбейген жағдайда қандай амал жасамақ? Әлде баяндамада көрсетілгендей, білім беру ұйымы өтініштерді қабылдаудан бас тартпақ па? Облыстағы ата-аналар екіұдай күй кешпес үшін сала мамандарынан салмақты сауалға жан-жақты жауап күтеміз.

Тұтынушы: САПА мен САНА

Сауда орындарынан зат сатып алу барысында көптеген келеңсіздіктерге тап болып жататынымыз рас. Бірақ, аталмыш мәселемен кімге, қайда жүгінерімізді білмей қалатынымыз тағы бар. Бұл орайда оқырманнан да көптеген сауал түсіп жатады. Алдағы уақытта облыстық сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментінің жауапты мамандары газетіміз арқылы сіздердің көкейтесті сауалыңызға жауап береді. Сұрақ сізден, жауап бізден. Сауалыңызды газетіміздің jetisu2002@mail.ru электронды поштасына жолдауыңызға болады.

КЕМ-КЕТІГІ БАР ТАУАР ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Гүлжан ТҰРСЫН

СҰРАҚ: – *Егер сатып алған заттың кемшілігі байқалып, сатушыға қайта алып барған кезде тауардың бағасы қымбаттаса, тұтынушы бағаның айырмашылығын қосымша төлей ме?*

ЖАУАП: – Кемшілігі бар тауарды сол маркалы (модельді, артикулді) тауарға ауыстырған кезде бағаны қайта есептеу жүргізілмейді. Ондай тауарды басқа маркалы тауарға ауыстырған кезде, оның бағасы орнына берілген тауардың бағасынан жоғары болса, сатушы тұтынушыға баға айырмасын төлеуге тиіс. Егер ауыстыруға жататын тауардың бағасы орнына берілген тауардың бағасынан төмен болса, тұтынушы баға айырмасын төлейді.

СҰРАҚ: – *Егер тауар құны баға белгісінде көрсетілген мөлшерден жоғары сатылса, дүкенге қандай шаралар қолданылады?*

ЖАУАП: – ҚР Әкімшілік кодексінің 193-бабының 4-тармағына сәйкес құны зат белгісімен ресімделген бағадан жоғары сатқан шағын кәсіпкерлік субъектісіне 6, орта кәсіпкерлік субъектісіне 10, ірі кәсіпкерлік субъектісіне 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Әкімшілік кодекстің 193-бабының 4-бөлігінде көзделген әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді жергілікті атқарушы орган қарайды.

СҰРАҚ: – *Азық-түлік супермаркеттерінің көбінде тауардың бағасы түбіртекке сәйкес келмейді. Дүкен тауарды қандай бағамен сатуы керек? Кассадан айырмашылықты талап етуге болады ма?*

ЖАУАП: – «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 24-бабына сәйкес «Сатушы тауарды сатуға міндетті, ал тұтынушы тауарды сөредегі көрсетілген бағамен сатып алуға құқылы. Баға сай болмаған кезде айырмашылықты талап етуге болады.

СҰРАҚ: – *Гүл сататын дүңгіршектен «тауарды айырбастауға және қайтаруға болмайды» деген белгіні көрдім. Бұл заңды ма?*

ЖАУАП: – ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының 30-бабының 1-тармағына сәйкес жануарлар мен өсімдіктер қайтарылмайтын тауарлар тізіміне енеді, сондықтан гүл сататын дүңгіршекте мұндай белгі заңды.

СҰРАҚ: – *Егер дүкендегі тауар кездейсоқ құлап немесе сыртқы орауы бүлінсе не істеу керек?*

ЖАУАП: – Егер сіз әлі сатып алмаған өнімді кездейсоқ сындырсаңыз немесе бүлдірсеңіз, онда сіз оған ақы төлеуге міндетті емессіз. Өнім дүкен аумағында болған кезде, оған өздері жауап береді. ҚР Азаматтық кодексінің 411 бабына сәйкес «тауар үшін жауапкершілік сатып алушыға түбіртекті алғаннан кейін ғана өтейді». Мекеме әкімшілігі өз тауарларының қауіпсіздігі үшін жағдай жасауы керек. Мысалы, сөрелерге қоршаулар қою. Тағы бір нәрсе, егер сатып алушы тауарды қасақана бұзса, онда ол төлеуге міндетті. Бірақ алдымен дүкен мұны сотта дәлелдеуі керек. Мысалы, бейнекамералардан жазбаларды көру арқылы.

СҰРАҚ: – *Пәтер иелері кооперативі қарызын төлей алмаған жағдайда электр энергиясы, су, газ, жылуды өшіруге құқылы ма?*

ЖАУАП: – ПИК-тің энергия, газ немесе сумен жабдықтау қызметтеріне әсер етуге қақысы жоқ. ҚР АК-нің 490 және 492-баптарына сәйкес энергия, газ немесе сумен жабдықтауды тоқтата тұруға осы қызметтерді жеткізуші ұйым ғана құқылы. Мұндай әрекеттер озбырлыққа жатады. Ал кінәлі тұлғалар ҚР ҚК 327-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

СҰРАҚ: – *Сатып алынған ұялы телефонды қайтара аламын ба?*

ЖАУАП: – Ұялы телефон, ол ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына жататындықтан оның сапасы тиісті болған жағдайда қайтарылмайды. Өйткені «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 30-бабында көрсетілген қайтарылмайтын тауарлардың тізбесі зауыттық ақауы жоқ тауарларға ғана қолданылады. Тауарлардың, оның ішінде ұялы телефондардың сапасы лайықсыз болған жағдайда «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 315-бабының 1-тармағы негізінде шартты бұзуға және тауар үшін төленген ақшалай қаржыны қайтаруды талап етуге құқылысыз.



БІЛІМ

Ескелді ауданындағы Қарабұлақ орта мектебінде «Жетекші мектеп пен серіктес мектептер арасында бірлескен сабақты зерттеу (Lesson study) жүргізу жұмысының ерекшеліктері» атты тақырыпта аймақтық семинар өтті.

Бірлескен семинар

Шараға Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары мен Талдықорған, Текелі қаласының жетекші мектеп үйлестірушілері қатысты.

Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскері А.Тоғасова мен аудандық білім бөлімінің әдіскері, жетекші мектептер жұмысын үйлестіруші Б. Мұхаметжанова жетекші мектеп пен серіктес мектептер арасында жұмысты ұйымдастыру туралы айтты.

«Сенім» серіктес мектептері, яғни жетекші Қарабұлақ білім ұясы, серіктес мектептер – Балпық би орта мектебі мен Мичурин негізгі орта мектебі бірлесе өткізген сабақты зерттеу (Lesson study) жүргізу жұмысының ерекшеліктерін айтып, зерттеудің нәтижесімен таныстырды. Жетекші мектеп үйлестірушісі А. Қалиолданова бірлескен LS жұмысын ұйымдастыру формаларын атап, зерттеу тобының мүшелері жоспарлаған жұмыстардың қалай жүзеге асқаны туралы талдады.

Семинарға қатысушылар белсенді атсалысып, жағымды әрі тиімді кері байланыс ұсынды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



Жылыту маусымының аяқталуына да бірнеше күн қалды. Жалпы, биылғы жыл қатты мінез көрсеткенімен талдықорғандықтарды алаңдататындай апатты жағдай орын алған жоқ. Бұл жайлы «Jetisý» медиа ақпараттық алаңында өткен брифингте Жетісу облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Данияр Ысқақов баяндап берді.

БРИФИНГ

Қамдансаң қапы қалмайсың

Қажет АНДАС

Оның айтуынша, жылыту маусымында Талдықорған қаласының жылумен жабдықтау жүйесінде 4 технологиялық апат тіркеліп, дер кезінде ауыздықталған. Айталық, өткен жылдың 11 қарашасында және ағымдағы жылдың 2, 6 ақпан күндері Талдықорған қаласының Желтоқсан көшесі бойындағы диаметрі 700 мм жылу құбыры жарылып, 67 көппәтерлі тұрғын үй, 34 жеке тұрғын үй және 12 бюджеттік нысан жылусыз қалды. Алайда, апат сол күні жойылған. Биылғы 11 қаңтарда қаланың №1 қазандығында су жылыту қазаны жарылып, 2-ші резервтік қазандық 1 сағатта іске қосылып, 5 сағаттан астам уақытта жылу берілген. Апат кезінде 70 көппәтерлі тұрғын үй, 112 жеке тұрғын үй, 8 бюджеттік және 97 басқа нысанда жылу температура төмендеген. Сонымен қатар, әлеуметтік сала объектілерінде температуралық режимді бұзудың 20 дерегі анықталып, 796,4 мың теңге мөлшерінде айыппұл салынған. Айта кетерлігі, өткен жылыту маусымында көмір тапшылығы болған жоқ.

Алдағы жылыту маусымын да ойдағыдай өткізу үшін бюджеттен 10,5 млрд. теңге бөлініпті. Оның 2,3 млрд. теңгесі жылумен жабдықтау объектілерін жөндеуге, 8,2 млрд. теңгесі отын сатып алуға жұмсалады. Сонымен қатар, кәсіпорындар өз қаражатынан 1,1 млрд. теңге бөлмекші.

Бүгінде жылумен жабдықтау объектілеріне жүргізілетін жөндеу жұмысының көлемі анықталған. Жылыту маусымы басталғанға дейін 2 турбина, 12 қазандық, 2,2 шақырым жылу желісі күрделі және ағымдағы жөндеуден өтсе, 12,2 мың шақырым электр желісі, 2120 трансформаторлық қосалқы стансысы жаңаланбақ.

Биыл энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындарына 365 мың тонна көмір, 10,1 мың тонна мазут жеткізіледі. Бюджеттік ұйымдар үшін 16 мың тонна көмір, 4 мың тонна пеллет және 11,4 млн. литр дизель отынын сатып алу бойынша конкурстық рәсімдер басталған. Сондайақ, облыс тұрғындарының көмірге деген жалпы қажеттілігі 487,4 мың тоннаны құрайды. Бүгінгі таңда жоспарды орындау үшін «ҚТЖ – Жүк тасымалы» акционерлік қоғамы және көмір разъездерімен келісу жұмысы жүргізілуде.

Әрине, көк шығып, көктем келгенімен қыстың да қайта оралары анық. Сондықтан ертерек қамдансақ қапы қалмайтынымыз белгілі.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ӨЗЕКТІ

ЗАМАН ТУДЫРҒАН АШЫҚТЫҚ



Әлеуметтік желілер саяси мінберге, талқы алаңына айналған қазіргі тұста еліміздің болашағына алаңдайтын әрбір азаматтың фейсбук, инстаграм, телеграм сынды ақпараттық-әлеуметтік үнпарақтардан сырт қалуы дұрыс емес. Керісінше, оны тиімді пайдаланып, мемлекеттік салалардың кемшін кеткен тұсын түзетуге үлес қосуы керек. Осыны жақсы білетін жекелеген министрліктер өз парақшаларын ашып, жұмыс нәтижесін көрсете бастады.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Жақында фейсбуктегі парақшасында субсидиялау жүйесін автоматтандыру бойынша түсініктеме берген Ауылшаруашылық министрі Ербол Қарашөкеев егістіктерге бөлінетін демеуқаржы көпшілікті алаңдатып отырғанына тоқталды. Онда мемлекеттік қолдау жетер жеріне бармақ басты, көз қыстымен жетпей жатқанына тоқталып, жыл сайын бір шаруа қожалығының ғана субсидияны иеленіп кетуін болдырмау заман талабы екенін ұғындырған министр:

– Енді фермерлер бұрынғыдай егіс алқабының көлемін көзмөлшермен өлшеп, шегарасын қолмен сыза алмайды. Ал деректердің дұрыстығын ғарыштық мониторинг (КГС) – егістік карталары растайтын болады. Соған байланысты шаруалар жерлерін дереу ретке келтіруі керек. Жерді игермегендерге осы бастан кірісуіне кеңес беремін, – деп бұған дейін жұмыс істеген жүйенің кемшілігін ашып түсіндірді. *– Бұл жерде норматив пен субсидия сомасы артық көрсетілгенін байқау қиын емес. Мәселен, фермердің шын мәнінде 500 га жері болғанмен, ескі жүйе арқылы қолмен 1000 га деп көрсетіп, субсидияны өзіне тиесілі мөлшерден артық алуы мүмкін. «Qoldau» жүйесінде кездесетін тағы бір өрескел заңбұзушылық – фермер қолмен енгізген егістік карталарындағы жерлер іс жүзінде тіпті игерілмеген. Яғни, субсидияны пайдаланып алған тұқым, тыңайтқыш, пестицидтар көрсетілген егіс алқабына қолданылмаған. Мұның бәрі, әрине, агроөнеркәсіп кешеніндегі барлық көрсеткіштен көрініс табады. Бөлінген қаржы көп, бірақ құмға сіңген су сияқты.*

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Қазіргі таңда 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Сөйте тұра, орташа жалақы мен жан басына шаққандағы табыс көлемі ұдайы өсіп келеді деген көпірме есеп берілуде. Бұл – нағыз көзбояушылық.

Міне, өзі басқаратын ауылшаруашылық саласындағы кемшілікті осылай анықтап, қателікті дереу түзетуге ұмтылған Қарашөкеевтің бастамасы осындай бағытқа бет бұрды. Бұл негізі аса өзекті бірнеше саланың жұмысына қозғау салады. Оның ішінде шалғай өңірлерді дамыту, шегаралық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық мүмкіндігіне серпін беру, ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге мемлекеттік демеуқаржыны әділетті үлестіру, қараусыз қалған ауылдарды қайта жандандыру, ірі қалалардағы мектептердің жетіспеушілігін реттеу, халықтың денсаулығын жақсарту, жұмыспен қамту сынды мемлекеттің тұрақты дамуына қажетті салалар бар. Шынында бізді ешкім сырттан келіп түземейді. Ертеректе ел ішінде: «Ешкім жақсы әкесін бермейді» деген сөз айтылатын. Яғни, бұл әркім өз әкесінің жақсы, жаман мінезіне көніп, айтқанымен жүргенде жетістікке жетеді дегенге саяды. Сол айтқандай, елімізді іштен жеген жегіқұрт – сыбайлас жемқорлықты өзіміз ғана түзете аламыз. Ол үшін барлық саланың жұмысын автоматтандыру қажет-ақ. Әсіресе, ауылшаруашылығына бөлінетін субсидия әділетті жолмен таратылуы тиіс. Әйтпесе, шалғай ауылдың шырағын жаққан диқандардың мемлекеттік демеуқаржыдан күдер үзе бастағаны жасырын емес. Қазір кез келген аймақта субсидияға қатысты дау мен шар оңай табылады. Ондай даудан тамыр-танысы мықты, материалдық-техникалық базасы берік шаруашылықтар ғана субсидияға тұрақты қол жеткізіп отырғанын ұғамыз.

Өз парақшасында www.Gosagro.kz порталының жұмыс істеу тәртібіне тоқталған Ербол Қарашөкеев субсидия алу жолындағы кемшілікті ашық айтып, егістіктерге қажетті тыңайтқыш алуға диқандардың өтініш бермей отырғанына тоқталады. Оның айтуынша, ережеге сәйкес пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) субсидия беру тізбесі мен нормалары жергілікті атқарушы органның қаулысымен бекітіледі. Ондай нормаларды тек Түркістан, Жамбыл, Ақмола, Қызылорда, Павлодар, Ақтөбе және Жетісу облыстары бекіткендіктен осы өңірлердің диқандарынан ғана 12 мыңнан астам өтініш түскен. Осыған орай шаруалардың біліктілігін арттыру жұмыстары жүргізіліп, жаңа интернет порталды қалай меңгеру керегі түсіндірілуде. Мысалы, ...Телеграммда» 6 чат құрылса, «Ютуб» арнасына www.Gosagro.kz порталымен жұмыс істеуді үйрететін бейнеүзік салынған.

Былтыр Қаңтар оқиғасынан кейін Үкіметтің кеңейтілген отырысына қатысқан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: *«Қазіргі таңда 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Сөйте тұра, орташа жалақы мен жан басына шаққандағы табыс көлемі ұдайы өсіп келеді деген көпірме есеп берілуде. Бұл – нағыз көзбояушылық. Менің тапсырмам бойынша Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр»* – деген. Соған сәйкес, ауылдарда ауылшаруашылық саласын жаңғыртуға арналған жаңа жүйе осы тапсырманың нәтижесі деуге болады.

Ендеше, көзбояушылықтан арылып, өзімізді өзіміз түзететін, жақсылыққа қарай қадам басып, тұрақты даму жолына түсетін уақыт келді, ағайын. Оған қазіргі электронды бағдарламаларды толық меңгеру арқылы үлес қосуға болады. Сондықтан әлеуметтік желілерді меңгеріп, интернет порталдарды тізгіндеуді үйренейік.

Ал қай шаруа қожалығының субсидияны қанша уақыттан бері алып отырғанын кез келген адам www.Gosagro.kz порталынан біле алады. Бұл ашықтықтың, жариялылықтың жарқын үлгісі.

СЕМИНАР



МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының алаңында ұйымдастырылған семинар шеңберінде облыс кәсіпкерлеріне мемлекеттік қолдау шаралары туралы айтылды. Сондай-ақ, өңдеуші өнеркәсіптің салалық кеңесінің мүшелері мемлекеттік қолдау шараларымен егжей-тегжейлі танысып, өнеркәсіптік кәсіпорындар бетпе-бет келетін қиындықтарды талқылады.

Қажет АНДАС

– Жетісу облысы бойынша 500-ден астам өнеркәсіптік кәсіпорын бар, оның 16-сы ірі, 14-і орта. Бүгінгі таңда 80 пайызға жуығы өңдеуші өнеркәсіптің үлесін құрайды. Бұл республика бойынша жақсы көрсеткіш болып табылады. Аккумуляторлық батареялар, темірбетон, электр-техникалық, кабельдік бұйым, тағы да басқа өндірістер бар. Жеңіл өнеркәсіп те жақсы дамып келеді, ал болашақта оны дамытуды жалғастыру қажет, – деп атап өтті облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Диас Серіков.

Кәсіпкерлермен кездесу барысында «QazIndustry «ҚЭИО» АҚ, «QazTrade», сондай-ақ «ҚазЭкспортГарант» даму институтының өкілдері мемлекеттік қолдау шаралары туралы егжей-тегжейлі баяндады. Жиында пайдалы ақпараттарға қанықкан кәсіпкерлер жаңғыртуға, қандай да бір технологияларды енгізуге арналған шығындардың бір бөлігін сыртқы нарыққа шығаруға, сатуға байланысты шығындарды өтеу жолдарын білді.

Елдің индустриялық дамуына жәрдемдесу, индустриялық инфрақұрылымды дамыту, өнеркәсіп субъектілерін кешенді ынталандыру – бұл «QazIndustry» АҚ институты қызметінің негізгі үш бағыты деп есептеледі.

– Бүгінгі таңда біздің институт өнеркәсіп саласының мәселесін және оларды шешу жолын анықтау аясында жұмыс жүргізуде. Оның қорытындысы бойынша Мемлекет басшысына Ұлттық баяндама үшін ақпарат дайындалатын болады. Мұның бәрі елдегі бизнестің жағдайын жақсарту үшін жүзеге асырылады. Серіктестермен ықтимал цифрландыру тұрғысынан аудит жүргізу мақсатында кәсіпорындарға үнемі барамыз. Нәтижесінде цифрлық стратегия дайындалуда, яғни қандай бағытта қозғалу керек және осы кәсіпорындарда қандай цифрлық шешімдерді енгізуге болатынын бағамдаймыз. Өткен жылдың қорытындысы бойынша біз жиырмаға жуық кәсіпорынды араладық, – деді «QazIndustry" ҚСЗИ» АҚ бизнесті ынталандыру дирекциясының басшысы Арыстанбек Сағиев.

Шарада өткен жылдың қорытындысы бойынша шығындардың орнын толтырған компаниялар туралы да айтылды. Яғни «QazTrade» АҚ жобаларды дамыту департаментінің өкілі Бақтияр Сәдабаев интеграциялық процестерде отандық бизнестің мүддесін қорғау және шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету, ритейл және бизнес-қоғамдастықтармен өзара іс-қимылын баяндады. Ал «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ өкілі Алмаз Қалқаев экспорттық цикл кезеңдері, жаңа нарықтарға шығу, кассалық резерв, инвестициялық қарыз тарту жағдайын сөз етті.

– Институттардың бағдарламалары өте жақсы, бірақ бізге экспорттың алға жылжуы қажет – бұл қаржы, салық жүйесін қалыпты дамытуға тиімді. Тағы бір мәселе – еңбек ресурстары мәселесі. Бәріміз АӘК төлеу арқылы төлемге үміттеніп жұмыс істегісі келмейтінін түсінеміз. Мигранттарды рәсімдеу өте қиын. Оларды ресми түрде жұмысқа орналастыра алмаймыз. Жұмысты ілгерілетуге жұмыс күші тапшы, жергілікті ауыл халқы АӘК-ке үміттеніп жұмыс істегісі келмейді, – деп атап өтті "AZIA Gold" ЖШС басшысы Алексей Коржиков.

Кәсіпкерлер өздерін қызықтырған мәселелерді де көтерді. Атап айтқанда, лизингке жабдықты сатып алу туралы, шығындарды өтеу үшін қандай пайыз және қандай құжаттарды тапсыру қажет, тиісті жауап пен түсініктеме берілген басқа да бірқатар мәселе көтерілді.

БРИФИНГ

Әскерден жалтару азаймай тұр

Жетісу өңірінде әскерге шақыру қарқынды жүргізілуде. Дегенмен, өңір бойынша 1058 азамат Отан алдындағы борышын өтеуден жалтарып жүр екен. Бұл жайында Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен баспасөз мәслихатында Жетісу облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің мамандары мәлім етті.

Сала мамандарының сөзіне сүйенсек, әскерге шақыру науқанының өз артықшылықтары бар. Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті персоналмен жұмыс істеу жөніндегі қызметінің басшысы Мақсат Бейісов әскер қатарына қосылғандардың екінші деңгейлі банктер алдындағы қарызы мен несиесін төлеуі кейінге қалдырылып, олардың кредиттік демалысқа қол жеткізетіндерін алға тартты. Бұл Отан алдындағы борышын өтеп жатқан азамат туған-туыстарына артық салмақ салмайды деген сөз. Сонымен қатар, мерзімді әскери қызметін өтегендер ҰБТ нәтижесін ескермей-ақ ақылы түрде жоғары оқу орындарына түсе алады. Мұндай мүмкіндік Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне қарасты әскери оқу орындарында да қарастырылған. Қасиетті борышын өтеген азамат бұл оқу орындарында еш емтихансыз білімін шыңдай алады. Дегенмен, осындай мүмкіндіктер бола тұра әскерге барудан жалтаратындар түгесілмей тұр екен.

– Отан алдындағы борышын өтеу – әр азаматтың міндеті. Дегенмен, сол міндетті орындаудан жалтаратын азаматтар да бар. Шыны керек, әскерге шақыруға ішкі көші-қонның артуы көп кедергі. Өңірдегі жасы келген азаматтар әскери есептен шықпай басқа аймақтарға көшіп кетеді. Нәтижесінде әскерден жалтарғандардың қатарынан табылады, – деді Мақсат Бейісов.

Мінбердегілер биыл запастағы офицерлерді келісімшарт бойынша әскери қызметке шақыру жайын да пысықтап өтті. Биыл өңірден әскери қызметке жарамды 345 офицер сапқа қосылмақ. Осылайша запастағы 29 жастағы офицерлер мен 32 жастағы медициналық қызметтегі офицерлер қатарға қосылады.

Жиын барысында БАҚ өкілдері тарапынан сауалдар жолданып, тұшымды жауап берілді. Мәселен, тілшілерді жастарды көшеден мәжбүрлі түрде күшпен әскерге алып кету жайы толғандырса керек. Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті персоналмен жұмыс істеу жөніндегі қызметінің басшысы Мақсат Бейісовтің айтуынша, мұндай қисынға келмейтін дүниелер арнайы қойылымда болмаса, шынайы өмірде болмайды екен.

Д. САДЫҚ

27 sáýir

2023 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№49 (19188)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады



Интернет қолжетімді болады

Үкімет отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген «Қолжетімді интернет» ұлттық пилоттық жобасын іске асыру жоспарлары қаралды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин ұлттық жобаның негізгі мақсаты азаматтар мен бизнесті кемінде 100 Мбит/с жоғары жылдамдықты интернет желісімен қамтамасыз ету екенін баяндады. Осылайша, 60 мың шақырым кабельдік телекоммуникация инфрақұрылымын салу арқылы 3 мыңнан аса ауыл интернетпен қамтылмақ. Шалғайдағы шағын ауылдық елді мекендерді кең жолақты интернет желісімен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін ғарыштық байланыс жүйесін пайдалану көзделуде.

Сонымен бірге 17 000 шақырым республикалық және негізгі облыстық автожолдарды мобильді интернетпен қамту бойынша жұмыс жүрмек. Ол үшін 480-нен аса антенна-діңгек орнатылады. Сондай-ақ, республикалық маңызы бар қалалар мен кейбір облыс орталықтарында 5G ұялы байланыстың жаңа буыны енгізіледі. 2027 жылға қарай әрбір республикалық маңызы бар қала мен астананы қамту 75%-ды, ал облыс орталықтарын қамту 60%-ды құрамақ.

Ұлттық жоба аясындағы жекелеген бағыт – мектептердің интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта 3 063 мектепте интернет жылдамдығы артты, ал 2023 жылдың қыркүйегіне дейін тағы 1 402 мектепте дәл осындай жұмыс жүреді. Интернет жылдамдығын арттырудың техникалық мүмкіндігі жоқ 2 003 мектепке дейін талшықты-оптикалық байланыс желілері жеткізіледі.

Жобаның тағы бір мақсаты – Қазақстанды аймақтық цифрлық хаб ретінде қалыптастыру. Ол үшін Каспий теңізінің қайраңымен ұзындығы 380-400 шақырым болатын талшықты-оптикалық байланыс желілерін тарту қажет. Бұл ретте транзит пен халықаралық трафикті сақтау үшін Tier-III деңгейінен төмен емес деректер орталығын құру қажет. Осылайша, жоғарыда аталған жобаларды іске асыру деректердің халықаралық транзитінің баламалы бағытын және ел нарығына кемінде 3 BigTech компаниясын (Google, Amazon,Microsoft) тартуды қамтамасыз етеді.

– Өкінішке қарай, бұл салада жүйелі жұмыс байқалмайды. Жыл басынан Үкіметке байланыс және ақпараттандыру мәселелері бойынша азаматтардан 5 мыңға жуық өтініш пен шағым түсті. Басым бөлігі интернет жылдамдығы мен сапасына қатысты. Сондай-ақ, елді мекендерде, тіпті ірі қалалардың өзінде мобильді интернет жоқ немесе сапасы нашар. Мұндай шағымдар әсіресе Алматы мен Астанада көп, – деді Әлихан Асханұлы.

Үкімет басшысы, сондай-ақ, Ұлттық жобаның осы мақсаттарына бюджеттен 5 жыл ішінде шамамен 560 млрд. теңге бөлінетінін және қысқа мерзімде Ұлттық жобаны пысықтап, оны Президент Әкімшілігіне бекітуге ұсыну қажеттігін атап өтті.

Жиында, сондай-ақ, инфляцияны бақылау және оның деңгейін төмендету жөніндегі шаралар кешені пысықталды.

Жетісу облысы аумағында 2023 жылы әзірленетін қалақұрылыс құжаттамалары бойынша ақпарат

Ағымдағы жылы «Жетісу облысының сәулет және қалақұрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тапсырысы негізінде Жетісу облысы Алакөл ауданы Алакөл көлінің жағалау аймағы (Ақши ауылының оң жағалауы), (Ақши ауылының сол жағалауы), Ақши, Қабанбай және Көктұма ауылдарының, Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылының, Көксу ауданы, Балпық би ауылының, Панфилов ауданы Жаркент қаласы және Текелі қаласының қалақұрылыс құжаттамаларына әзірлеу (түзету) жұмыстары басталды.

ОБЛЫСТЫҚ КЕҢЕС



Маңызды міндеттер айқындалды

Облыс әкімінің төрағалығымен өткен кеңесте Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты басты салалар бойынша бірқатар мәселе айқындалып, оның шешу жолдары нақтыланды. Оған облыстық басқарма басшылары, құқық қорғау органдары мен аудан және ауыл әкімдері, әр деңгейдегі мәслихат депутаттары қатысып, Президент атап өткен басымдықтарды ауылдық аймақтардан бастап, облыстық деңгейге дейін жүзеге асыру жолдары талқыланды. Алдымен сөз алған облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ кеңестің маңыздылығы мен онда көтерілетін және талқыланатын тақырыптардың ретін шолып шықты.

Қажет АҢДАС

– 19 сәуірде Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген жиын өткізіп, мемлекеттік басқару саласындағы жаңа талаптар мен саяси реформалар бағытына қатысты өзекті мәселелерді атап өтті. Бүгін біз аймақтың дамуы мен Президент берген тапсырмаларды жүзеге асыру бойынша жоспарымызды нақтылап, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарын, мәселелерді шешу механизмін айқындап алу үшін бас қосып отырмыз.

Ең алдымен Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихаттарға бюджет қаражатының үнемді, тиімді жұмсалуына пәрменді қадағалау жүргізуді айрықша тапсырса, мемлекеттік қызметшілерді ескі жұмыс тәсілінен түбірімен бас тартып, өздеріне жүктелген міндеттерді батыл әрі жылдам шешуге әрекет жасауға, жауапкершіліктен қашпауға шақырды. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» болу үшін азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнатудың айрықша маңыздылығына тоқталды, – деді облыс басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен атқарушы органдарға азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу, азаматтардың нақты табысын арттыру, байыпты макроэкономикалық саясат жүргізу, экономиканы монополиядан арылту, инфрақұрылымды одан әрі дамыту, азаматтардың сапалы медицина мен білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету, тұрақты, сапалы жұмыс орындарын ашу, сондай-ақ, мемлекеттік басқару ісін жетілдіру жөнінде нақты міндеттер жүктегенін білеміз.

(Соңы 2-бетте)

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қайта жаңғырған орталық

Өткен дүйсенбіде «Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» туристерге есігін қайта ашты. Осы оқиғаға байланысты Жетісу облыстық туризм басқармасы республикалық және облыстық ақпарат құралдарының пресс-турын ұйымдастырған болатын. Журналистер алдымен орталықтың өткел залында «Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» АҚ басқарушы компаниясының басшысы Біржан Жылқайдаровпен сұхбаттасты.



Мырзағали НҰРСЕЙІТ

– Басқарушы компания 2023–2025 жылдарға арналған даму стратегиясын әзірледі. Осының шеңберінде Даму тұжырымдамасы сауда-туристік кластерді дамытуға бағытталады. Сондай-ақ, сауда орталықтары, қонақүй, ойын-сауық кешендері, көрме орталықтары, басқа да инвестициялық жобалар көзделген «Қорғас» ШЫХО» АЭА бас жоспары нақтыланады. Инвестициялық тартымдылықты арттыру мақсатында жобаларды іске асыру үшін инвестор тарту бойынша іс-шара өткізу көзделуде. Біз ашықтық қағидатын ұстанамыз және келіп түскен жобаларға барынша қолдау көрсетеміз,–деді Біржан Сәкенұлы журналистердің орталықтың перспективасы жайлы қойған сауалына. Сонымен қатар, ол орталықтың уақытша жабылуы мен осы аралықта мұнда атқарылған жаңа кезеңге дайындық жұмыстары жайлы әңгімеледі.

2020 жылдың қаңтар айынан бастап «Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» еліміздің сан тарапынан келетін саяхатшыларға есігін арагідік жапқан болатын. Ал, осы жылдың наурыз айының 15-жұлдызынан бастап Алматы облысының бас санитарлық дәрігерінің бұйрығымен мұнда карантин жарияланды. Яғни халықаралық ірі сауда орталығы үш жылдан бері қаңырап бос тұрды.

Осы сәтті тиімді пайдаланған орталық әкімшілігі жолаушылар өткелі ғимаратын жөндеуден өткізуге 70 миллион теңгеден астам қаржы бөліп, жолаушылар терминалын толық жаңалады. Ғимараттың кафельден төселген еденін топпингпен ауыстырып, бұрынғы жолаушылар жолақтарын бір-бірінен бөліп тұрған темір қоршауларды алып тастап, орнына әйнектен жасалған өткелдер орнатты. Сонымен қатар орталықта жүк қабылдайтын нүктелер көбейтілді. Осының бәрі алдағы уақытта «Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығына» келушілерге сауда-саттық жасауға қолайлы жағдай туғызып, саяхатшылардың шегарадан өту рәсімдерін жеңілдетті әрі жеделдетті.

Шетелдіктер мен отандастарымызды қайта қабылдаған алғашқы күні орталыққа келушілер түгелдей тегін кіргізілді. Орталыққа кіру құны 3000 теңге және әр адам айына бір рет 31 келі тауарды баж салығынсыз әкете алады. Одан асқан әр келі тауар үшін 4 еуро көлемінде төлеуге міндетті. Сонымен қатар, осы көрсетілген 31 келі тауардың 5 келісін қолына ұстап, кеденнен өтуге рұқсат етілген. Қалған 26 келі тауарыңды орталықтағы тауар тасымалдайтын 5 терминал өткізеді.

Орталық демалыссыз таңғы сағат 9.00-ден кешкі 17.00-ге дейін келушілерді қабылдайды. Осындай белгіленген тәртіптен ақпарат құралдары арқылы құлақтанған жұрт алғашқы күннің өзінде толассыз келіп жатты. Әкімшілік қызметкерлерінің айтуынша, бұл күні халықаралық сауда орталығына 3 мыңға жуық адам келіпті. Оларды сауда орындарына 23 автобус толассыз тасымалдады.

Орталықтың сауда орындарында зейнеткер ұстаз Кәмшат Бозымбековаңы әңгімеге тартқанбыз.

– Қытай дүкендеріндегі тұрмыстық тауарлар біздегіден әлдеқайда арзан екен. Айына бір мәрте келіп, керек-жарағымызды алып кетуге мүмкіндік туғанына қуаныштымыз, – дейді ол.

Жекеменшік жеңіл автокөлігімен ары-бері жолаушылар тасымалдайтын азаматтар да нәпақа табатын жұмыс шыққанына қуанышты. Жалпы, орталықтың қайта жұмыс жасауы көпшілік көңілінен шықты.

Панфилов ауданы

16 mamyr

2023 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№55 (19194)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

МИНИСТРДІҢ ІССАПАРЫ



ДӘСТҮРЛІ БАҚ-тың ДӘУРЕНІ ӨТПЕЙДІ

Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласына ресми іссапармен келген Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан ҚЫДЫРӘЛІ Жастарға қызмет көрсету орталығынан балғын өнертапқыштар үшін ашылған «Jetisý», IT hub» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұсаукесеріне қатысып, жас дарындардың түрлі саланың жұмысын жеңілдету үшін жасаған бағдарламаларымен танысты.

Мәди АЛЖАНБАЙ,
Дастанбек САДЫҚ

Тұсаукесерде сөз алған Дархан Қуандықұлы еліміздің индустриялық-инновациялық бағытты дамыту бойынша атқарып жатқан жұмыстарына тоқталып, мемлекет тарапынан берілер мүмкіндіктерді алға тартты.

– *Жер жаннаты Жетісу жерінде «Jetisu IT-hub» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ашылуымен баршаңызды құттықтаймын. Бұл біздің алғашқы жобамыз. Ол қасиетті Жетісу жерінен бастау алып жатыр,* – деген Ақпарат және қоғамдық даму министрі жаңа жобаның маңызына тоқталды.

– *Өздеріңізге мәлім, ел Президенті жастарға үлкен мән береді, үлкен қамқорлық жасап келеді. Жақында Мемлекет басшысы «Жастар саясаты туралы» Заңға қол қойды. Жастар саясаты туралы тұжырымдама қабылданды. Сол тұжырымдамаға сай цифрлық сауаттылық бойынша өңірлердегі 1,5 миллион жасты оқыту жоспарланып отыр. Бүгін ашылып отырған «Jetisu IT-hub» та осы межені орындауға қажет. Хабта жастар өз стартаптарын жасап, кәсіпкерлік жобаларын бастайды. Жетісу жері қашанда таланттардан кенде болған емес. Жаңа креативті индустрияның негізін қалаған стартаптар бойынша еліміздің жастардың үлес салмағы көп. Былтыр біздің министрліктің «Jas projekt» және «Тәуелсіздік ұрпақтары» сынды жобаларын Жетісу жерінің көптеген жастары күтіп алды. Мұның өзі осы өңірдегі жастардың құлшынысын, ықыласын көрсетсе керек.*

Бұдан соң Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі мен ардагер журналист Әміре Әрін екеуі жұмысын жаңа бастаған серіктестіктің лентасын қиып, жастардың қызығушылығын арттырған серіктестіктің жұмысымен, талдықорғандықтарға робототехниканың сырын оқытатын орталықтарға белсенді қатысып жүрген мектеп оқушылары мен кәсіптік-техникалық колледж студенттері жасаған жобалармен танысты. Олардың қатарында мүгедектіктен қозғала алмай қалған жандарға көмек беретін құрылғылар, дауыс арқылы айтқанды орындайтын робот, зілзаладан зардап шеккендерге, үйінді астында қалғандарға дәрі-дәрмек, ас-ауқат, қажетті заттар жеткізетін автоматты техника, Марс ғаламшарының кеңістігінен су өндіруге арналған құрылғы, Жетісу облысының аумағындағы жер телімдерінің мәліметтерін жинақтаған бағдарлама, медициналық мекемелерге тіркелу, «Жедел жәрдем» шақыру, алғашқы дәрігерлік көмек алу сынды аса қажетті шараларды қашықтан атқаратын бағдарламалар бар. Әрбір таныстырылымның жанында тұрып, жобаны таныстырған жасты мұқият тыңдаған Дархан Қуандықұлы талантты ұл-қыздармен бірге естелік суретке түсті.

Журналист мәртебесі көтеріледі

Одан соң Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйіне барып, «Жетісу» телеарнасының техникалық базасымен танысқан астаналық қонаққа жергілікті тілшілер қауымы сұрақ қойып, өздерін толғандырған мәселелердің шешімін сұрады.Қойылған сауалдардың қатарында қазіргі блогер атанып жүргендердің жауапкершілігін арттыру да болды.

– *Ел депутаттарының бастамасымен жаңа заң жобасы Мәжілістің қарауына енгізіліп жатыр. «Онлайн платформа онлайн жарнамалар туралы» деп аталатын заң жобасы блогерлерге арналған. Бұл ТМД аумағында алғаш рет қолға алынып отырғанымен Еуропа елдерінің бәрінде бар. Былтыр ғана Еуродақ пен оның құрамындағы мемлекеттер қабылдаған интернетке, жалпы цифрлық қызметке байланысты заң соның жалғасы. Парламент Мәжілісі қарауы тиіс жаңа заң жобасында, білуімше, блогердің статусы айқындалады. Инфлюсер, блогер деген кім? Оның тіркелуі, салық төлеуі, айтқан, жазған сөзіне жауап беруі сияқты мәселелер қарастырылады. Жалпы «Мен блогермін!» деп жүре беруге болмайды. Оның үстіне «Масс Медиа туралы» Заң жобасы Парламенттің қарауында жатыр. Онда журналистің мәртебесін көтеру көзделген. Өткенде Президентіміз: «Баспасөзге еркіндік береміз. Бірақ бассыздыққа жол жоқ» дегенді ашық айтты. Сол себепті, кез келген азаматтың заң үстемдігінің алдында бірдей болуы керек,* – деген Дархан Қыдырәлі «Жетісу» телеарнасының, «Jetisý», «Вестник Жетісу», «Талдықорған» газеттерінің еңбек ұжымымен естелік суретке түсті.

(Соңы 2-бетте)

● Сұхбат алаңы



Адалдық. Әділдік. Ашықтық мемлекеттік қызметшінің темірқазығы

3

● Оқырман пайымы



Ауыл көрінісін арқау еткен

4

● Тәрбие – талбесіктен



Ұяда не көрсе...

4

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Жұмыспен қамту назарда

ҚР Премьер-Министрі Әлихан СМАЙЫЛОВТЫҢ төрағалығымен тұрғындарды жұмыспен қамтудың жағдайы және алдағы міндеттерді нақтылау мәселелері бойынша Үкімет отырысы өтті.

Қажет АНДАС

Үкімет басшысының айтуынша, бүгінгі таңда орта және шағын бизнестегі үлес жыл сайын артып келеді. Айталық, бұрынғы жылдармен салыстырғанда өткен жылдың өзінде жұмыспен қамтылғандар саны 17 пайызға өскен. Биыл жыл басындағы мәліметке сәйкес шағын және орта бизнес саласында жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 4 миллион адамды құрады. Оның 30 пайызы сауда, 11 пайызы ауылшаруашылығы, 9 пайызы қызмет көрсету секторы, сондайақ, 8 пайызы құрылыс және өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейді.

Отырыста «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының атқарған жұмыстары да тыңдалды:

– Биыл кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша 51200 кәсіпкерге сауалнама жүргіздік. Соның ішінде 13 мың субъектіге 134 мың жұмысшы қажет екендігі анықталды. Әсіресе, Алматы, Астана, Қарағанды қалаларында кадр қажеттілігі басым. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, сауда, өңдеу саласы, құрылыс, білім, ауылшаруашылығы, орман және балық шаруашылығы саласындағы мамандарға қажеттілік артып отыр. Жұмысшы мамандықтарының ішінде тігінші, аспаз, күзетші, қара жұмысшы, трактористі, машинист мамандықтарына сұраныстың әлі де көптігі белгілі болды, – дейді «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы Тимур Жаркенов.

Бүгінде ел аумағында кәсіпкерлікпен айналысып, жұмыс орнын ашуды жоспарлағандарды оқытатын 600-ден аса оқу орны бар. Өткен жылы оқу орталықтарына 11400 адам оқуға жіберіліп, оның 10800-і оқуын аяқтаған. Жұмысқа орналасу деңгейі 85 пайыздан асқан. Биыл оқу орталықтарында 12 мыңға жуық адамды оқыту жоспарлануда. Сонымен қатар, бүгінде тілек білдіргендерді қаржылай емес қолдау тетіктері де жақсы қолға алынған. Осыған орай кәсіпкерлердің құзыретін дамыту, әкімшілік жүктемені азайту, іскерлік байланыстарды кеңейту бағыттарында нәтижелі жұмыс атқарылуда.

Соңында Үкімет басшысы тиісті министрлік өкілдеріне отырыста көтерілген мәселелерді назарға алып, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік басқармасымен бірлесе отырып, нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

БРИФИНГ

Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде Халықаралық Отбасы күніне орай «Талдықорған аймақтық әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің президенті Жанар Нұрмұханова баспасөз мәслихатын өткізді.

Аналар құқын қорғайды

Жанар Болатқызы аталмыш мерекеге орай көптеген мекемеге барып, кездесу, лекция оқылатынын айтып өтті. Онда құқықтық білім беру мақсатында «Көші-қонның бүкіл әлемдегі әсері», «Аз қамтылған отбасылар мен әлеуметтік оқшаулау мәселелерін шешу» «Отбасы және инклюзивті қоғам» деген тақырыптарда баяндама жасалады.

Бірлестік басшысының айтуынша, әйелдерді қолдау орталығы 25 жылдан бері жұмыс істейді. Жылына бірнеше жүздеген адам орталыққа әртүрлі сұрақ-сауал қойып, көмек сұрап баратын көрінеді.

Орталық қиын жағдайға тап болған әйел-аналарға көмек береді. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болғандарға жан-жақты жәрдемдеседі. Кейбір нәзік жандыларға оңалту, медициналық көмектер көрсетіледі. Баратын, тұратын жері жоқтарға уақытша орын беріледі. Балалы аналарға да әлеуметтік көмек жасалады. Адам саудасы және қауіпсіз көші-қон мәселесі бойынша да кешенді көмек көрсету қарастырылған.

Жас сәбиімен қамқорлықсыз қалған аналарға арналған «Жанұя» әлеуметтік орталығы жұмыс істейді. Ол орталықтың қызметіне құқықтық көмек, заңгерлік кеңес, отбасылардың құқықтық сауаттылығын ашу, психологиялық кеңес, отбасы зорлықшыларымен жұмыс, балаларға медициналық, әлеуметтік қолдаулар көрсету кіреді.

Баспасөз мәслихатында Жанар Болатқызы соңғы жылдары құқықтық көмек сұраушылардың көбейгендігін айтты. Бұл орайда заңгер, құқық қорғаушылар, әкімдік бірігіп, аналардың мәселесін жан-жақты зерделеп, кеңес беріп, тығырықтан шығуына бас-көз болуда.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

БАСПАСӨЗ – 2023 **БАСПАСӨЗ – 2023**

«Jetisý» жетісулықтармен бірге!

Қадірменді оқырман, қымбатты Жетісу жұртшылығы!

Алаш рухын арқалаған ақжолтай хабаршы, баршамызға бала кезден етене таныс, көзге ыстық, көңілге қымбат «Jetisý» газеті өзімен аттас Жетісу облысында жалауын желбіретіп отыр. Ғасыр асқан абыз басылым жер жаннаты Жетісу тұрғындарын ақпаратпен қамтуды абыроймен жалғастырады. Облыс бөлінгенімен елдік мүдде, Отан деп соққан өршіл жүрек бөлінген жоқ. Ендеше, Жетісу облысында қазығын қаққан қара шаңырақ – байырғы басылым «Jetisý» газеті әр шаңырақтың төрінен табылсын! Жазылайық! «Jetisý» жетісулықтармен бірге!

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

«Jetisýdyń» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5277,60	5587,20
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3333,60	3643,20
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3477,60	3787,20
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3693,60	4003,20

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4400
2.	Зейнеткерлер үшін	2450
3.	Жалпы жеке жазылу	3000

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4000
2.	Зейнеткерлер үшін	2050
4.	Жалпы жеке жазылу	2500

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: 8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87477061373, 87474106909

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ


Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ – ҚАЗІРДЕН

«Қыс шанаңды жаз сайла» дегендей, келер қыстың қамын қазірден ойластырмаса болмайды. Содан кейін де бұл мәселе облыс әкімінің орынбасары Ернат Бәзіл өткізген жиында әңгіме өзегіне айналды. Өткен жылыту маусымының қорытындылары мен 2023-2024 жылдың қысына дайындық барысы қаралған басқосуға басқармалар мен департаменттердің басшылары, коммуналдық қызмет пен жылу шығаратын кәсіпорындардың өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде қаралған мәселе жөнінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Әсет Қанағатов баяндады. Оның айтуынша, өткен жылыту маусымының талапқа сай атқарылуы үшін бюджеттен 7,9 млрд. теңге бөлініп, оған қосымша 419 млн. теңге мөлшеріндегі өз қаражаттары жұмсалынған. Өткен жылы 23 қазандық пен екі мыңға жуық қосалқы стансы жөндеуден өткізіліп, 12,2 мың шақырым электр желілері тексерілген. Жылыту маусымына 365 мың тонна көмір мен 7,8 мың тонна мазут дайындалған. Тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз етуге тиісті көңіл бөлініп, оларға 487,8 мың тонна көмір сатылыпты.

Облыс кәсіпорындарын электрмен жабдықтау қызметі талапқа сай жұмыс істеп, Талдықорған қаласындағы №4 қазандық газға көшірілген. Текелі қаласындағы 7,1 шақырым жылу жүйесі қайта құрылымдалған.

Биылғы жылыту маусымын талапқа сай өткізуге де мол қаражат – 10,9 млрд. теңге бөлініп отыр. Аталған қаржыға 365 мың тонна көмір мен 10,1 мың тонна отындық мазут сатып алынады.

Бюджеттік құрылымдарға 10,7 млн. литр дизельді жанармай мен 4,2 мың тонна пеллет қажет болады. Бір мезгілде жеке тұрғын үй секторы үшін 453,5 мың тонна көмір жеткізіледі.

Жазғы-күзгі кезеңде екі турбина мен отыз қазандыққа, түрлі кернеудегі 111 қосалқы стансыға жоспардағы және күрделі жөндеу жүргізіледі.

Облыс бойынша 1648 көпқабатты үй мен 1024 бюджеттік нысан тексеруді қажет етеді. Сол сияқты Текелі қаласы мен «Алатау» шағынауданында жылу коммуникацияларын салып, Үшарал қаласындағы қазандықты кеңейту, Сарқан қаласындағы жылу жүйесін қайта құрылымдау жұмыстары жоспарланған.

Панфилов пен Қаратал аудандарындағы жылу көздерін жаңғырту үшін 603 млн. теңгеге он жобалау-сметалық құжаттамасы жасалу үстінде. «Басқуат» орталық қазандығының жабдықтарын жаңартуға да 500 млн. теңге бөлінбек. 212,8 шақырым су мен кәріз құбыры жөндеуден өтеді. Облыс елді мекендерін одан ары газдандыру мақсатына 8,2 млрд. теңге жұмсалады.

Баяндаманы мұқият тыңдаған Ернат Бәзіл барлық жауапты құрылымдарға отын сатып алу мен оны жинақтау жайын қатаң бақылауды тапсырды. Бір сөзбен айтқанда ауруханалар мен мектептер, балабақшалар мен мәдениет, спорт мекемелері тәрізді әлеуметтік нысандардың қатал қысқа дайындығын ерте бастан тексермесе болмайды. Бұл мәселені облыс әкімі орынбасарының өзі жіті бақылайтын болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Ұсыныс неге аяқсыз қалады?

Ардагерлер үйінде қалалық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, тұрғындарды табиғи газбен қамтамасыз ету, санитарлық тазалау жағдайы, қаладағы жолаушылар жолын жаңғырту, қала көшелеріндегі жол жамылғысын уақытында жөндеу бойынша бөлім басшыларының есебі тыңдалып, қордаланған мәселелер тағы да көтерілді.

Қажет АНДАС

Кездесуде Жетісу облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы, Талдықорған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі, Талдықорған қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшылары баяндама жасап, атқарылған жұмыстардың қомақты екенін тілге тиек етті. Алайда, баяндамашылар есебі қағаз жүзінде дұрыс болғанымен қоғамдық келісім мүшелері қаладағы келеңсіз жағдайлардың тым көп екенін жарыса сөз етті.

Сол қатарда «Биыл қала тұрғындары толығымен табиғи газбен қамтамасыз етіледі» деген уәденің әлі күнге орындалмай жатқаны, сылбырлық, қала тазалығына назар салынбайтын енжарлық, өткен жылы асфальт төселгенмен жылға жетпей бүлініп, шұрық тесігі көрініп жатқан қалаішілік жолдардың жағдайы, тіпті қала маңындағы заңсыз қоқыс үйінділерінің санитарлық жағдайды өрескел бұзып отырғаны, тағы да басқа мәселелер ашық айтылды. Баяндамашылар айтқан цифрмен газеттің бетін толтырып жазуға болады. Оның қайсыбірін айтып, қағазды құртып, сияны тауысайық. Қысқасы, қоғамдық кеңестің отырысы өткен сайын айтылып жауыр болған, алайда айтылған жерінде құрғақ уәде болып атқарылмайтын жұмыстардың реті жетерлік. Бір жағы бүтінделсе, екінші тұсы бүлініп жататын сапасыз қызметтер қалалықтарды әбден ығыр етіп біткенін несіне жасырайық.

– Талдықорған қалалық қоғамдық кеңестің құрамында бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келемін. Әр реткі кездесуде тиісті мекеме басшыларына қаланы өркендетуге кедергі келтіріп отырған мәселелер төңірегінде өз тарапымыздан ұсыныс айтып, мәселе көтеріп, шешімін табуын талап етеміз. Бірақ жанайқайымыздың толық орындалғанын әлі күнге көрген жоқпын. Бұл біздің де ел алдындағы беделімізге сын. Тіпті, кеңес отырысы жоспарланған кезде талқылануға тиісті ақпараттар кеңес мүшелеріне алдын ала жіберілуі керек еді. Оны да ескермейтін бөлім басшылары көбейіп барады, – дейді қалалық қоғамдық кеңестің мүшесі Толыбек Данабеков.

Расында, талай кеңес отырысына біз де қатысып жүрміз. Елдің мұңын жеткізіп, қаланың жайын безбендеген аға буын мен әр саланың өкілдерінің талабын да тыңдап, газетте көрсетіп келеміз. Бірақ сол айтылған ұсыныстардың орындалғаны жайлы кері байланысқа шығып, жұмысын көрсеткендерді кездестірмедік. Соның салдарынан журналистердің жұмысына күдікпен қарайтын оқырман да бар. «Уәде орындалуымен құнды» дегендей, келесі отырыста осы түйінді мәселелер шешімін табар деген үмітпен тарқастық.

ӨЗЕКТІ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Жетісу облысындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтіп, II-ші тоқсан қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесі шығарылды.

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев ашып, жүргізіп отырған алқалы жиынға ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облыстық департаментінің басшысы Мақсат Жебегенов, облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның мүшелері, мемлекеттік органдардың басшылары қатысып, күн тәртібінде 2 мәселе қаралды. Аудан, қала әкімдері онлайн режимде қатысқан шарада ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облыстық департаментінің басшысы Мақсат Жебегенов сөз сөйлеп, өңірде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Оның айтуынша, парақорлық пен жемқорлықты болдырмау мақсатында көптеген шаралар қолға алынып, нақты істер жүргізіліп жатқанына қарамастан жең ұшынан жалғасқан сыбайластық толастамай тұр.

– *Субсидиялау бағыты бойынша жылдан-жылға агроөнеркәсіп кешенінің субъектілерін қолдауға арналған миллиардтаған қаражатты жымқырулар туралы қылмыстық хрониканы әртүрлі медиа құралдарынан көреміз. Өкінішке қарай, мұндай фактілер біздің облыста да орын алған,* – деген Мақсат Мырзаханұлы қоғамды іштен ірітетін сыбайлас жемқорлықтың зиянына тоқталды. – *Өткен жылы департаментпен бюджет қаражатын аса ірі мөлшерде ұрлау бойынша тергеу аяқталды. Кейбір жеке кәсіпкерлер лизингтік қызмет жүргізу бағытымен жалған компанияларды тіркегені анықталды. Бірақ жұмыскерлер штаты мен айналым қаражаты болмаған шаруашылықтарға жеке кәсіпкерлер құны 4 есеге артық көтерілген жабдықтарды әкелген. Осылайша мемлекет қаржысы талан-таражға түскен. Мұндай қылмыс ауылшаруашылық басқармасының лауазымды тұлғаларының жәрдемінсіз жасалмайтыны анық. Бұл мәселе профильдік министрлік деңгейінде қаралды. Біздің тарапымыздан тиісті ұсыныстар жіберілді.*

Осылай деген департамент басшысының айтуынша, салық және кеден салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген 2 сыртқы талдаудың нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілерін әкімшілік жауапкершілікке заңсыз тарту бойынша 3 дерек анықталып, «Нұр Жолы» кеден бекетінің 6 қызметкері жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны үшін жұмыстан шығарылды. Осындай келеңсіздіктерді болдырмау мақсатындағы жұмыстар жалғасады.

Одан соң күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев, облыстық мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Дәурен Нұрғожаев кезекпен баяндама жасап, атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесін таныстырды.

М. ӘСЕТҰЛЫ

КОНФЕРЕНЦИЯ

Асанқайғы бабамыз желмаясына мініп, жерұйық іздеп жүріп Жетісуға келгенде «Мынау Жетісудың ағашының басы сайын жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс екен» депті. Айтса айтқандай-ақ, Жетісу өңірі қойнауы құтты, жері шұрайлы, топырағы киелі мекеннің бірі. Өткен жылы жаңа облыс болып құрылған аймақ тарихи-мәдени мұраларды қорғау мен дамытуға қатысты жаңа бастамаларымен де айшықталып келеді. Ондай жұмыстар жайына жуырда Жетісу облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен облыстық тарихи-мәдени мұраларды қорғау орталығы ұйымдастырған «Еліміздегі тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау, сақтау және пайдаланудағы өзекті мәселелер» атты республикалық конференцияда қаныктық.

Ескерткіш – ел байлығы

Шараға еліміздің әр облысындағы тарихи-мәдени мұралар мен ескерткіштерді қорғаумен айналысып жүрген мамандар қатысты. Әр аймақтан жиылған мәдени мұраны қорғаушылар, тарихшылар мен археологтар, өлкетанушылар мен мәдениет саласының мамандары «Алтынемел» мемлекеттік қорығы аумағындағы Бесшатыр сақ қорғандары мен Қазақстанның жеті кереметінің бірі саналатын Айғайқұм, «Алтынемел» мемлекеттік қорығының музейі және Қоғалы ауылы маңындағы сақ қорғандарына танымдық экспедиция ұйымдастырды. Сондай-ақ, жол бойындағы тарихи ескерткіштер мен Қазақстанның қасиетті нысандары тізіміне енгізілген нысандар туралы да ақпарат алды.

Келесі күні көпшілік «Жастар» саябағының төрінде орналасқан «Рухани жаңғыру» орталығының жиынжайында республикалық конференция аясында бас қосты. Шараны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Гүлмира Қалқабаева басқарып, бірінші баяндама кезегін облыстық Тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының директоры Ғалымжан Оспановқа берді.

– Бүгінде Жетісу облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталықта 13 қызметкер жұмыс істейді. Олар аймағымыздағы мемлекет қорғауына алынған, бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енгізілген, республикалық маңызы бар, археологиялық, қалақұрылысы және сәулет ескерткіші, қасиетті нысандар болып саналатын 1152 тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау, сақтау жұмысымен айналысады. Бүгінде жоғарыда көрсетілген мемлекет қорғауына алынған ескерткіштерге қорғау тақтасын орнату, төлқұжаттар, есеп карточкалары, қорғау міндеттемелерін рәсімдеу жұмысы толығымен аяқталса, жаңадан анықталған ескерткіштерді есепке алу өз ретімен жүргізілуде. Бұл жұмыс алдағы уақытта да өз ретімен атқарылатын болады, – деді ол.

Келесі кезекте Ә. Марғұлан атындағы археология институтының бөлім меңгерушісі, PhD докторы Ералы Ақымбек «Ұлы Жібек жолының «Чанъань – Тянь-Шань дәлізіндегі ескерткіштер: сақтау және презентациялау мәселелері», Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі орталығының директоры Рақат Мамбеталинов «Солтүстік Қазақстан облысындағы тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселелері», ғылым магистрі, Жетісу облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андас «Жетісу өңірінің қасиетті жерлерін зерттеу және қорғау мәселесі» тақырыбында баяндама оқып, ескерткіштерді ел болып қорғау күн тәртібінде тұрған өзекті тақырып екенін тілге тиек етті.

Тарихи-мәдени мұра халық тарихының аса маңызды айғағы, адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде барлық қауіп-қатерден тұрақты түрде қорғап отыруды талап етеді. Ескерткіштерді түпнұсқа қалпында сақтау қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі болып отыр. Көптеген тарихи-мәдени мұралар жеке тұлғалардың жауапсыздығынан өзгерістерге ұшырап, кейбір жағдайда жойылып кету қаупі төніп отырады. Осы орайда аталған тарихи-мәдени мұраларымызды бүлінуден, зақым келтіруден қорғап, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ескерткіштерді қорғау елдің, бүтін халықтың баға жетпес байлығы екендігін ұғындырып отыруымыз керек. Өкінішке қарай, бүгінде ескерткіштерді сақтау мен осы салада жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің құқығын қорғау тұрғысында әлі де заңдағы солқылдақтықтар бар.

Конференция соңында көпшілік жоғарыда аталған келеңсіздіктің алдын алуға бағытталған қарар қабылдады. Енді осы ұсынысты Мәдениет және спорт министрлігіне бағыттап, шешімін табуға ықпал ету жайы келісілді.

Омар АҚЫН

КӘСІП

Печенье шығарады



Қоғамдық тамақтану біртіндеп индустрияландыру жолына көшуде. Кәсіпорындар да заманауи техникалық құралдармен жабдықталуда.

Ұннан қазір небір тағам түрлері жасалады. Дәмді өнімдер сапасымен де ерекшеленеді. Сондықтан болар, халық ұннан жасалған дайын немесе жартылай фабрикатты кондитерлік өнімдерді өз бетінше дайындағаннан гөрі сатып алғанды жөн санайды.

«PRIMAVERA» ЖК компаниясы түтікшелі печенье өндірумен айналысады. Мұндай печенье Талдықорған қаласындағы кондитерлік цехта дайындалады.

Бұл кәсіппен жастар шұғылданады. Олар құрған кәсіпорын 15 жас кондитерге жұмыс орнын ұсынады. Өнімдері 6 ай ішінде 3 облыс нарығында сапалы отандық өнім екенін таныта білді. Азық-түлік дүкендері нарығында сатылатын печеньелердің 5 түрі саудалануда. Печеньенің негізгі құндылығы сол – өнім қамырына табиғи қоспалар қолданылады.

Компания субсидиялау және кепілдік беру құралын қолдана отырып «Bereke Bank» АҚ-да 8% кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде қолдау алды. Айналым қаражатын толықтыруға несие берілді. Компания «ULTTYQ ÓNIM» көрмесінің қатысушысы екенін де айта кеткен жөн.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Талдықорған қаласы

ӨРЛЕУ

2019 жылы Иранннан келген инвесторлар «Сүт Мастер-М» ЖШС ірі тауарлы-сүт фермасының құрылысына шамамен бір миллиард теңге инвестициялады.

Сүт өнімі бағалы

Аталған мал шаруашылығы базасы Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылы маңында орналасқан. Фермада қазір 200-ден аса сүтті Гольштейн тұқымы бар. Бұл сауын мал басын алдағы кезде 600-ден асыру жоспарлануда. Ал жас төлдермен бірге жалпы саны 900-ге жуық мал бағылады. Сиырлар тәулігіне 1500 литр сүт береді, кейіннен бұл көрсеткіш 2500 тоннаға дейін жеткізілмек. Сүт «Арқабаев ЛТД» ЖШС сүт зауытына жөнелтіледі.

«Сүт Мастер-М» ЖШС басшысы Фарид Джахангири біздің облыста осындай ірі сүтке бағдарланған халықаралық жобаны жүзеге асырғанына шын жүректен мақтанатынын және қуанышты екенін, енді ферманы кеңейтуді ойлап отырғандарын айтады. Бұл мемлекет тарапынан жан-жақты қолдаудың арқасында мүмкін болды. Фермадағы жұмысшылардың бәрі жергілікті тұрғындар. Олар арнайы көлік, киім және ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, бұл жерде ветеринарлық пункт, зертхана, мал соятын орын, жемшөп қоймасы, еңбеккерлерге арналған жатақхана және спорт алаңы бар. Мұндағы жұмыстың басым бөлігі автоматты түрде жүзеге асырылады.

Айта кетейік, қазіргі кезде ауданда осындай 8 тауарлы-сүт фермасы бар, оларда 1740-тан аса мал басы бағылады. Қаңтар-наурыз айларында өңірде 7899,6 тонна сүт өндірілген. Ал жалпы Жетісу облысы бойынша барлығы 37 тауарлы-сүт фермасы жұмыс істейді.

А. ЫБЫРАЙ
Ескелді ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ

Салтанат сарайында облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: Бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында облыстық құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесті. Жиынға барлық құқық қорғау органдарының басшылары, шегара қызметі мен әскери бөлімдердің және барлық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың басшылары қатысты.

МАҚСАТ – ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

Айдар ҚАЛИЕВ

Басқосуда 6 мәселе қаралды. Атап айтсақ, облыста заңдылықты қамтамасыз ету, азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтарының қорғалуы, жемқорлыққа қарсы күрес, облыстық полиция департаментінің қылмыстың алдын алу бойынша іс-шаралары және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, терроризмге (лаңкестікке), экстремизмге қарсы күрес және ішкі қоғамдық саяси тұрақтылық, шегарадағы сауда-экономикалық белсенділігі жағдайында шегара, кеден қызметінің жұмысы, шегара маңындағы аудандарда қауіпсіздікті күшейту мақсатында шегара әскери бөлімшелерінің инфрақұрылымдарын жақсарту, жергілікті атқарушы органдардың құқық қорғау органдарымен өзара үйлесімді іс-қимылының қамтамасыз етілуі кеңінен талқыланды.

Алғашқы мәселе бойынша облыс прокуроры Мадияр Басшыбаев баяндама жасап, облыста атқарылған жұмыстарды баяндады.

Бұл мәселе бойынша облыс әкімі сөз алып, «Талдықорған қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының мәселесі сотқа дейін жеткізіліп, соттың шешімі сәуір айында шығарылды. Алайда сот орындаушылар асығар емес. Мәселені аяғына дейін жеткізуді тапсырамын. Өйткені тұрмыстық қалдықтар полигонының жұмыс жағдайы өте нашар, жаңа басқарушы компанияға тапсыруымыз керек. Шашылып жатқан полиэтилен пакеттері, т.б. халықтың орынды сыны мен наразылығын туғызып отыр», – деп Мадияр Басшыбаевтың назарын нақты мәселелерге аударды.

Жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі бойынша атқарылған жұмыстарды Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Мақсат Жебегенов баяндады.

Өз кезегінде сөз алған Жетісу облысы бойынша полиция департаментінің бастығы Атығай Арыстанов облыстық полиция департаментінің қылмыстың алдын алу бойынша іс-шаралары және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі тақырыбында баяндама жасады. Ол:

– Жалпы облыста 6 айдың ішінде 2148 қылмыс тіркелді. Оның ішінде ауыр қылмыс – 457, аса ауыр – 33. Кісі өлтіру, тонау, бұзақылық, мал ұрлығы азайды. Десе де пәтер ұрлығы азаятын емес. Домофон, камера жоқ үйлерге ұры көп түседі. Қылмыскерлердің 94 пайызы жұмыссыз. Сондықтан жалғыз полиция қызметкерлері ғана емес, жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Ұрлықтың алдын алу мақсатында 2021-2023 жылдар аралығында мүлікті қорғау бағдарламасы бойынша полиция қызметкерлері көптеген жұмыс істеп жатыр, – деді.

Статистикалық мәліметке сәйкес, 2023 жылдың алты айының қорытындысы бойынша ауыр және аса ауыр қылмыстың ашылуы 2,4%-ға өскен. 2022 жылы мал ұрлығы бойынша 89 факті тіркеліп, осы жылы 67-ге азайғанымен қылмысты ашу өткен жылмен салыстырғанда 4,7 пайызға төмендеген. Бұл жөнінде облыс әкімі:

– Учаскелік инспекторларға тұрғын үйлермен біріктірілген полицейлік пункттер салынып, жағдай жасалуда, патрульдік полицейлерге заман талабына сай қажетті автокөліктер сатып алынуда, материалдық-техникалық базалар жаңартылып, нығайтылуда, осыған қарамастан қылмыстың өсуіне жол берілуде. Қылмыстың алдын алу бойынша нақты іс-шараларды көре алмай отырмыз. Жергілікті атқарушы органдармен өзара қарым-қатынас, нақты іс-қимыл пысықталмаған. Сондай-ақ, интернет алаяқтықпен күресу бойынша жұмыс тиісінше ұйымдастырылмаған. Бүгінгі күні 283 факті тіркелген, бұл өткен жылдан 54 пайызға артық, – дей келе барлық құқық қорғау саласындағы басшыларға ашық жұмыс істеуді, аудан, ауылдарды аралап, халықпен жиі кездесіп, БАҚ өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу міндетін жүктеді. Сондай-ақ, Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеу үшін қоғамдық қауіпсіздікті күшейтіп, интернет алаяқтықпен күресу, жол-патрульдік полиция қызметтерін күшейту, ұрлықтың санын азайтып, қылмыстың ашылу көрсеткішін жоғарылату бойынша бір ай мерзім ішінде нақты іс-шаралар жоспарын бекітіп, нәтижесін баяндауды тапсырды. Шара барысында аймақ басшысы бала тәрбиесіне де баса назар аудару керегін алға тартты.

«Мемлекет басшысы жуырда өткен Ұлттық құрылтайда жастарымыздың интернет дәуірінде өмір сүріп жатқанын және жас ұрпақтың әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып отырғандығын, бұл – өте қауіпті үрдіс екендігін айтты. Сондықтан, облыс әкімінің орынбасары Рустам Әлиұлына, білім мен қоғамдық даму басқармасын, ата-аналар мен қоғамдық ұйымдарды, құқық қорғау органдары мен психологтарды біріктіре отырып, осы мәселенің шешімін табу мақсатында жаңа оқу жылына дейін қажетті іс-қимыл алгоритмін әзірлеп, тиісті деңгейде жұмысты ұйымдастыруды тапсырамын», – деді облыс әкімі.

Басқосуда ішкі қоғамдық саяси тұрақтылық, діни саладағы ахуал қалай бақылануда және бүгінгі күннің өзекті мәселесі – жас ұрпақтың өміріне қауіпті синтетикалық есірткіге қарсы күрестің қалай жүріп жатқаны жөнінде облыс әкімінің орынбары Рустам Әли толықтай тарқатты. Ол облыс бойынша нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі өңірлік ведомствоаралық штаб құрылғанын және сол штабтың жұмысына көңілі толмайтынын айтты.

Ал ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті шегара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті бастығының бірінші орынбасары Мұхтар Қанабеков сауда-экономикалық белсенділігі жағдайында шегара, кеден қызметінің жұмысы, шегара маңындағы аудандарда қауіпсіздікті күшейту мақсатында шегара, әскери бөлімшелердің инфрақұрылымдарын жақсарту бойынша атқарылып жатқан шараларға тоқталды.

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев жергілікті атқарушы органдардың құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылының қамтамасыз етілуі туралы баяндап, жер мәселесіндегі сыбайлас жемқорлықты тілге тиек етті.

Шара соңында Бейбіт Өксікбайұлы орынбасарлары мен құқық қорғау саласының басшыларына нақты міндеттер жүктеп, ашық әрі бірлесе жұмыс істеуді тапсырды.

САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ

Өрт қаупі жоғары



Шілде айының екінші онкүндігінде өңірімізде ауа температурасы +41-43°С дейін көтеріледі. «Қазгидромет» РМК деректеріне сай осы уақытта жел де екпіндей түседі. Шамамен 15-20 м/с. жылдамдық алады. Қазір облыстық төтенше жағдай департаменті қауырт тіршілікке көшкен. «Жау жоқ деме, жар астында...» дегендей, қала мен даланың, бастысы, адамның амандығы үшін күресіп жүрген құрылым апта басында баспасөз мәслихатын өткізді.

Дастанбек САДЫҚ

Жиынның тізгінін алған департамент бастығының орынбасары Қанат Алтынбеков жыл басынан бері болған жайды баяндады. Оның айтуынша, өткен алты айда 4 орман өрті және 70 дала өрті орын алған. Материалдық шығын көлемі 2 млн. теңге. Өткен жылғы жағдаймен салыстырғанда көрсеткіш төмендеген. Дегенмен, өрт болған жер көлемі 1257 гектарды құраған. Былтыр жалын 1157 гектарды шарпыған еді. Сала жетекшісі шілдеде аса сақ болу керегін алға тартты.

– Жердің тынысы саналатын орманды аймақтарда өрт орын алмас үшін әрбір тұрғын мұқият болуы тиіс. Әсіресе, табиғат аясына демалысқа шыққанда от көздеріне мұқият болуы тиіс. Әдетте өртке себеп – өшпеген от, шылым тұқылы. Ал күн қызған сәтте шөлмек пен әйнек те құрғаған шөпті тұтатуға қауқарлы. Табиғи өрттер мен жану қаупін болдырмау және азайту мақсатында ТЖ департаменті мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп алдын алу шараларының кешенін жүргізуде, – деді Қанат Алтынбеков.

Жетісу облысында орман қорының жалпы аумағы 1,5 млн. гектардан асады. Осы табиғат байлығын өңірде 7 орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі, оған қарасты 19 орманшылық және 7 орман өртін сөндіру стансысы қорғайды. Осы міндет осы құрылымдардағы 298 адамның мойнына жүктелген. Бұл жайында облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бөлім басшысы Нұрболат Ноғайбеков сөз етті.

– Үстіміздегі жылы өрт қаупі бар маусым басталғалы бері орман шаруашылығы мекемелерінде күнделікті кезекшілік ұйымдастырылған. Кезекшілер белгіленген уақыт бойынша күніне 2 рет басқармаға хабар береді, ал басқарманың кезекшісі облыстық аумақтық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясына хабарласады. Орманда, орман-дала өрттерінің алдын алу, сөндіру мақсатында және орман заңдылықтарын бұзушылықтардың алдын алу жөнінде орман мекемелері бойынша 25 шақырым минералдық жолақтар жаңадан жасалды, – деді инспекция өкілі.

Жаз басталса қауіптің көбейетін әдеті. Әсіресе, суға шомылу маусымында төтеншеліктер бір тынбайды. Төтенше жағдай департаменті бастығының орынбасары Игорь Жуков Астана күні қарсаңында құрылым қызметкерлері қауырт жұмыс жүргізгенін, соған қарамастан 4 кісі суға кеткенін мәлім етті. Бір жағдай адам суға шомылу кезінде орын алса, бір бала шатыр ішінде тыныстап жатқанда жел болып, шатырды көтеріп суға жеткізген. Бала осылайша оқыста кеткен. Тағы бір оқиғаға алкогольді сусын себепкер болған. И. Жуковтың сөзінше, демалыс уақытын жағалауда өткізуді жоспарлағандарға спирттік ішімдікті тұтынып, суға түсуге болмайды.

Жиын соңында сала мамандары өңір тұрғындарын қай кезде де сақ болуға шақырды. Құзыретті құрылымдардың ескертулері ескерусіз қалмаса деген тілегін де жеткізді.

БРИФИНГ

Тарифті инвестициялаудың пайдасы

Осы аптада «Жетісу Медиа» ақпараттық алаңында өткен брифингте Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Ғалым Тойлыбек пен облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Данияр Ысқақов тарифты инвестицияға айырбастау туралы баяндады.

Қажет АНДАС

– «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы жылжымайтын мүлік иелерінің есебінен салаға инвестиция тартуды, табиғи монополиялар саласындағы жұмыскерлер еңбекақысының деңгейін арттыру мен озық инновацияларды енгізуді ынталандыру арқылы одан әрі реттеуді көздейді, – дейді Ғалым Ғаниұлы.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Данияр Меделхан-ұлының айтуынша, бүгінгі таңда электрмен жабдықтау желісі мен жабдықтардың тозуын қаржыландырудың жетіспеушілігі туындатуда. Осы тұрғыдан келгенде меншік иесі салған материалдық ресурс жабдықтың физикалық тозу деңгейін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік бермейді. Айталық, электр желісі мен жабдықтарды жаңартуға жыл сайын 690 млн. теңге қаражат бөлінеді. Бұл осы мақсаттағы жұмыстың тек 5%-ын ғана қамтамасыз ете алады. Егерде электр желілерінің сенімді жұмысын қамтамасыз етеміз десек, оны жаңарту жұмысына жыл сайын 1,4 млрд. теңге көлемінде қаржы бөлінуі тиіс. Сондықтан инвестициялық жобаның қаржысын көбейткен жөн. Биыл бұл жұмысқа қан жүгірді десе де болады. Себебі, ағымдағы жылы инвестициялық жобаның сомасы 700 млн. теңгеден 1 млрд. теңгеге дейін ұлғайыпты. Оның ішінде, қолданыстағы тарифті ұлғайтуға 180,2 млн. теңге қосылса, акционердің жеке қаражатынан тағы 138,9 млн. теңге бөлінген.

Жиында айтылғандай, алдағы 7 жылда желілер мен жабдықтардың 12%-ын жаңарту жоспарланған. Бұл тозу деңгейін 15%-ға төмендетеді. Нәтижесінде орташа тариф 1,8 теңгеге немесе 6,9%-ға ұлғаяды. Сонымен қатар, биыл «Талдықорғанжылусервис» МКК, «Текелі энергокешені» мен «Теміржолсу – Алматы» ЖШС сияқты ірі жылумен жабдықтау субъектілерінің бекітілген инвестицияларының жалпы сомасы 193,9 млн. теңгені құраған.

Демек, бұл бағыттағы жұмыс өз деңгейінде және жоспарға сай атқарылуда.

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

Қаланың көрікті де әдемі, заман талабына сай болуы ел атқамінерлері мен жергілікті жұртшылықтың жауапкершілігіне тікелей байланысты екені анық.

ЖАБАЙЫ САУДА қайтсе тоқтайды?



Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Өздеріңіз білетіндей, Талдықорған қаласы орталығында сауда нүктелері көп. Ретсіз орналасқан жабайы базарларды күнкөріс көзіне айналдырған халық осы арқылы нәпақасын тауып, бала-шағасын асырап отыр. Ал мұндай заңсыздыққа жол бермес үшін не істеу керек? Әрине, алдымен адамның тұрақты жұмысы болуы шарт. Осыған байланысты қаланың жаңа әкімі Ернат Бәзіл шағын және орта бизнес саласында еңбек ететін кәсіпкерлермен бас қосып, көп уақыттан бері шешімін таппай келе жатқан түйінді мәселенің күрмеуін тарқатуды бірлесе ойластырды. Салтанат сарайында өткен жиынға депутаттар мен қоғамдық кеңес мүшелері, ел белсенділері және мемлекеттік органдардың жетекшілері шақырылды.

Шаһар басшысы алдымен қаланың бүгінгі дамуы мен одан әрі өркендетуге бағытталған тың жобаларды сөз етіп, көпшіліктің ұсыныс-тілектеріне құлақ асты. Сонымен бірге қала орталығындағы Шевченко, Біржан сал, ақын Сара, Қабанбай батыр және Гауһар ана, Даиров көшесі бойындағы базарлардың қазіргі жағдайы туралы бейнеролик қатысушылардың назарына ұсынылды. Байқағанымыздай, онда азық-түлік пен киім-кешек, көкөніс, жеміс-жидек түрлері мен басқа да заттарды шатыр астында немесе жерде сатып отырған сатушылар жабайы сауда көрігін қыздыруда. Бұған қоса, жол бойына ретсіз қойылған автокөліктер де кептеліс туындатып, кедергі келтіруде.

Бұл біраз жылдан бері қайталанып келе жатқан жағымсыз көріністің бірі.

– Біз жаңалық ашып отырған жоқпыз. Ұзаққа созылған бұл мәселе көптен бері бәріңізге белгілі. Бірақ, бұлай жалғаса беруге болмайды. Қалайда оның шешімін тауып, жабайы сауданы болдырмаудың жолын қарастыруымыз керек. Оны бірлесе отырып жоспарлы және тұжырымдамалық түрде шешуіміз қажет. Өздеріңіз білесіздер, Арбат – қаланың орталығы. Сондықтан, оны заман талабына сай көрікті әрі таза болатындай өркениетті түрге келтіргеніміз дұрыс. Бәріміз бірлессек, бұған біздің күшіміз жетеді, – деді Ернат Дүйсенбекұлы.

Қала әкімі, сондай-ақ, бүгінде зауыт, фабрикалар ашу, сол арқылы жергілікті жұртшылықты жұмыспен қамтудың айрықша маңызды екеніне ерекше тоқталып өтті. Талдықорғанның белгілі қоғам қайраткерлері Баниямин Файзуллин, Әмір Ғазалиев, Нұр Қанатұлы және басқалары қала басшысының бұл бастамасына қолдау танытып, мәселелерді білетін және көмек көрсетуге дайын адамдардан тұратын жұмыс тобын құруды ұсынды.

Бұдан әрі Алматы қаласының сәулетшісі және депутаты Назерке Мундаханова Назарбаев көшесінің көрнекі тұжырымдамасын ұсынды. Оған облыстық әкімдік ғимаратынан екінші шағынаудандағы айналма жолға дейінгі көшенің ұзындығы 3 шақырым, жолдың екі жағында жалпы жер көлемі 12 гектардан асатын бөлігі кірді. Әзірлеушінің айтуынша, көше 3 аймаққа бөлінген, спорттық, тыныш демалыс және серуендеу. Жаяу жүргіншілерге қолжетімділік, кедергісіз орта, жаяу жүргіншілер мен автокөліктерге, автотұрақтарға кедергі келтірмейтін велосипед жолы, бір сөзбен айтқанда, аумақтарды ұтымды пайдалану қарастырылған.

Қала жұртшылығы тарапынан веложолдың қажеттілігіне, жасыл желектер мен арық жүйесін сақтауға, №4 және №5 мектептердің жанындағы автотұрақтарға, люктер мен кәсіпкерлердің жеке аумағына қатысты ілеспе мәселелер туындады. Сауда-ойын-сауық орталығын салу және қала шетінен өтетін теміржол арқылы қосымша өткелдер орнату туралы қосымша ұсыныстар түсті.

Ернат Дүйсенбекұлы ой қорыта келе жұмыс тобын құрудың маңыздылығын атап өтті. Оған міндетті түрде қала жұртшылығының атынан өкілдік ететін адамдар кіреді. Сондай-ақ, қаланы жаңғырту және дамыту бойынша басқа да жобалар бірлескен кездесулерде талқыланатыны айтылды.

Талдықорған қаласы

13 shilde

2023 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№79 (19218)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

БІРЛЕСКЕН ІС БЕРЕКЕЛІ

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Талдықорған қаласындағы Салтанат сарайында Жетісу жеріне арнайы іссапармен келген ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарымен кездесті. Кездесуге облыстық мәслихат депутаттары, саяси партия филиалдарының жетекшілері мен басқарма басшылары қатысты. Айта кетерлігі, биылғы наурыз айында өткен сайлауда облысымыздың 5 азаматы халық сенімінен шығып, Мәжіліс депутаты болып сайланды. Ол азаматтар да осы ортада болды. Көпшілік алдында баяндама жасаған облыс басшысы аймақтағы шешімін күткен бірқатар мәселені атап өтті.

Қажет АНДАС

Аймақ басшысының айтуынша, өткен жылы Жетісу облысы жақсы нәтиже көрсетіп, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге қол жеткізді, сөйтіп республика бойынша 4-орынды иеленді. Дегенмен, облыста орталық деңгейде шешуді талап ететін бірқатар мәселелер де бар. Оның бірі – Мемлекет басшысының Жетісу жеріне сапарында «Лепсі – Балқаш» автожолының құрылысын аяқтау жөніндегі тапсырмасы. Жалпы ұзындығы 141 шақырымды құрайтын автожолдың қазіргі таңда 39 шақырымы ғана жөнделген. Жалпы құны 17,7 млрд. теңгеге бағаланған жобаның бүгінгі жағдайы мен келешектегі маңыздылығын түсіндірген облыс басшысы халық қалаулыларынан ағымдағы жылғы республикалық бюджетті нақтылау кезінде және 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджетті қарау кезінде құрылысты аяқтау үшін қаражат бөлуге жәрдем көрсетуді сұрады. Екінші мәселе, республикалық бюджеттен жобалардың қымбаттауын қаржыландыруға арналды. Осыған орай:

– Жаңа Бюджет кодексінің жобасын қарау кезінде құрылыстың нормативтік мерзімдерін сақтамауға, ұлттық валюта бағамының елеулі өзгеруіне және құрылыс материалдары құнының қымбаттауына байланысты жобаның сметалық құны ұлғайған жағдайда республикалық бюджеттен қаржыландыру нормасын қосу орынды деп санаймыз, – деді облыс әкімі. Жоғарыда аталған жағдайға құрылыс жұмысы 2018 жылы басталған «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автожолын қайта жаңарту» жобасын қосуға болады.

Аймақта газдандыру мәселесі де өзекті. Облыста Кербұлақ ауданынан Талдықорған қаласының маңына дейінгі 104 елді мекен газдандыруға жатады. Оның ішінде 22 елді мекен газдандырылған, ағымдағы жылы 20 газ тарату желісін салу жобасы іске асырылуда. Биыл жергілікті бюджеттен 84 жоба әзірленуде. Оның ішінде 22 жоба бойынша жалпы сомасы 11,5 млрд. теңгеге мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынды. Құны 38,0 млрд. теңге болатын 62 жоба әзірлену және сараптамадан өту сатысында. Құрылыс-монтаж жұмыстарын 2023-2025 жылдары жүргізу жоспарлануда. Облыс әкімі ағымдағы жылы республикалық бюджетті нақтылау кезінде 4,2 млрд. теңге қаражат бөлуге жәрдемдесуді және 2024-2026 жылдардағы республикалық бюджетті бекіту кезінде 45,3 млрд. теңге қарастыруды сұрады. Сонда ғана жетісулықтар көгілдір отынның қызығын көретін болады.

Ауылдық елді мекендердегі кәріз желісін салу жұмысы да өзекті. Бүгінгі күні ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде қалалық кәріз жүйесін салуға басымдық берілуде. Алайда, кейбір елді мекендерде автономды септиктерді орнату мүмкіндігі жоқ, өйткені жерасты сулары жер бетіне жақын орналасқан. Осындай елді мекендердің бірі – Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзек ауылы, онда 15 287 адам қоныстанған. Құны 1,9 млрд. теңге болатын «Талдықорған қаласы Ынтымақ ауылының кварталішілік кәріз желісінің құрылысы» жобасы дайын, республикалық бюджетті нақтылау кезінде жобаны қаржыландыру үшін бюджеттік өтінім жолданғанымен қаржыландыру қолдау таппады.

Денсаулық сақтау саласындағы ірі жобаларды іске асыру – бүгінгі күннің басты талабы. Бүгінде Талдықорған қаласында салынып жатқан әкімшілік ғимаратты (облыстық сот) 500 орынға арналған емханаға қайта бағдарлау, Талдықорған қаласында онкологиялық диспансер салу, Алакөл ауданы Үшарал қаласында 250 орынға арналған емхана салу құрылысы жобалануда. Жобалардың мемлекеттік сараптамасы жыл соңында немесе келесі жылдың басында алынады деп күтілуде. Облыс басшысы халық қалаулыларынан осы жобаларды жүзеге асыру үшін келесі жылғы республикалық бюджетті нақтылау кезінде қаражат бөлуге жәрдем көрсетуді сұрады.

Кейінгі жылдары туризмнің белсенді дамуына байланысты Алакөл жағалауында электр энергиясының жетіспеушілігі, атап айтқанда, Ақши және Көктұма ауылдарында электр қуатының жиі ажырауы орын алуда. Электр қуатын тұтыну 15-20 МВт-қа дейін өсті, ал қазіргі өткізу қабілеті - 7-8 МВт, болашақта қажеттілік 40 МВт-қа дейін артады. Бұл проблеманы шешу үшін Алакөл ауданының Ақши және Көктұма ауылдарына дейін 110 және 220 кВт жоғары вольтты электр беру желілерін салу қажеттігі туындады. Оған техникалық-экономикалық негіздеме әзірленді, жобалық-сметалық құжаттама жасалуда. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының болжамды құны 46,7 млрд. теңгені құрайды.

– 2024 жылғы республикалық бюджетті нақтылау кезінде жобалар құрылысын бастауға қаражат бөлінсе, туындаған келеңсіздік шешімін табар еді, – дейді облыс әкімі.

Көксу ауданының суару желілерін қайта жаңарту мақсатында жобалық-сметалық құжаттаманы түзету жұмыстары жүргізілуде. Жоба екі кезеңде жүзеге асырылады деп күтілуде. Бірінші кезең бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны 8,3 млрд. теңге, 108,7 шақырым желі қалпына келтіріледі. Қазіргі уақытта «Қазсушар» республикалық мемлекеттік мекемесі Ислам Даму банкімен қаржыландыру мәселесін қарастыруда. Ал екінші кезең бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу ағымдағы жылдың қыркүйек айында аяқталады. Арнаның ұзындығы 283,3 шақырым. Құрылыс 14,0 млрд. теңгеге болжанғанымен қаржыландыру көзі анықталмаған.

– Жалпы, аталған жобаларды іске асыру 13 600 гектар суармалы жерді қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Осы жобаны «Ислам Даму банкі» арқылы немесе республикалық бюджеттен қаржыландыруға ықпал етсеңіздер нұр үстіне нұр болар еді, – дейді облыс басшысы.

Жетісу облысы – аграрлы аймақ. Алайда агроөнеркәсіп кешені саласын қаржыландыру жеткіліксіз болып келеді. Жылдан жылға субсидиялауға көзделген қаражат өткен жылғы міндеттемелерді төлеуге жұмсалуда. Мысалы, ағымдағы жылы мал шаруашылығын субсидиялауға 6,6 млрд. теңге бөлінсе, оның 4,5 млрд. теңгесі немесе 68,2 пайызы өткен жылғы өтінімдер бойынша төленген. Биылғы міндеттемелерін толықтай өтеу үшін қосымша 5 млрд. теңге қажет. Басқа саланы субсидиялау бойынша да осындай жағдай орын алуда. Осыған байланысты, облыс басшысы халық қалаулыларынан биылғы республикалық бюджетті нақтылау кезінде 6 млрд. теңге және 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджетті қарау кезінде субсидияларға ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлуге жәрдем көрсетуді сұрады.

Мемлекет басшысының елімізде экономиканы монополиядан арылту жөніндегі тапсырмасына сәйкес сыйға тарту шарты бойынша 25 жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің 100 пайыз қатысу үлесін республикалық меншікке беру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Алайда, берілетін активтер тізіміне Текелі қаласындағы «Асар жол» ЖШС меншігіндегі кірме темір жолдары енгізілмей қалған. Бес жыл бойы кірме жолдарды күтіп ұстау тиісті деңгейде жүзеге асырылмаған. Теміржол иесі тарапынан шарттық міндеттемелерді орындамаған. Міне, осылай, жалпы ұзындығы 3,6 шақырымды құрайтын кірмежол көп келеңсіздіктерді туындатуда. Облыс әкімі депутаттардан Текелі қаласының кірме теміржол жолдарын республикалық меншікке беруге көмек көрсетуін сұрады.

Жалпы, облыс экономикасының өркендеуіне кедергі келтіріп отырған 9 түрлі келеңсіздікті атап өткен облыс басшысы бұл жобаларды қаржыландыру тетігі айқындалса, аграрлы аймақ саналатын Жетісу облысының экономикасы өркендеген, туризмі түлеген аймаққа айналарына зор сенім білдірді.

Келесі сөз кезегінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Жүсіп Нұртөре облыс басшысының баяндамасына зор ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, ҚР Парламенті Сенаты тарапынан қабылданған заңдар туралы анықтама берді. Сол қатарда ҚР Парламенті Сенаты қабылдаған Әлеуметтік кодекстің ел тұрғындарының, сол қатарда жетісулықтардың да көптеген түйткілді мәселесін шешуге көмектесетінін атап өтті. Өз кезегінде «Ауыл» партиясы атынан Мәжіліс депутаты атанған Әнес Баққожаев Жетісу облысындағы ауыл шаруашылығы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ойымен бөлісті. Сол қатарда ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Сұлтан Дүйсембінов, Ғалиасқар Сарыбаев, Амангелді Төлемісовтер де Жетісу жерін түлетуге қатысты ой-пікірімен бөлісті. Ал облыстық мәслихат депутаты Гүлназ Мұстафа ұрпақ тәрбиесіне қатысты толғандырар ойын ортаға салды.

Соңында көпшілік: «Мемлекет басшысы белгілеп берген басым бағыттар бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық мәселесін шешуде бірлесе қызмет атқарамыз» деген сеніммен тарады.

●Бүгінгі күн тақырыбы



Жабайы сауда қайтсе тоқтайды?

2

● Әкім назарындағы нысан



«Аққан жұлдыз» жарығы жаңғырған музей – туризм тетігі

3

● Руханият



Жүсіпбектің «Тез өлмен» өлеңі табылды

4

ДАЛА ДҮБІРІ

Шабындыққа шалғы түсті



Биылғы көктем құбылмалы мінез көрсетіп, көк бірден көтерілмей, маусым айында жауын-шашынның жиілігінен шабындыққа шалғы салынбады. Түн салқындығы бүгінге дейін жалғасты.

Әдетте түндегі жылудан нәр алып, өсіп-өнетін көкшалғынның шығымы кей өңірде көз қуантарлықтай емес. Соған қарамастан қысқы мал азығын артығымен дайындауды жоспарлаған бірқатар шаруашылық біржылдық, көпжылдық шөп егіп, шабындығын екі-үш мәрте шауып алуға қам жасауда.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметінше, алғаш рет шалғы түскен көпжылдық шөп жиынтығы 47 238 тонна, шабылған табиғи шөп 22 105 тонна. Бұл бастапқы нәтиже. Шабындықтағы қызу еңбектің енді қарқын ала түскенін шаруашылықтардан алынған көрсеткіштер айғақтайды.

Қарабөгет ауылының фермерлері жаз басындағы ыстықтан көтеріле алмаған шабындықтың есесін егістік алқабынан алуға ынталы. Сондықтан да бұл өңірде арпа, майбұршақ сабандарын орап, түктеп дайындау қауырт жүзеге асуда. Сонымен қатар алғашқы шабылған 282 гектар жоңышқа алқабынан 600 тонна орам түк дайындалған.

– Табиғатқа қояр кінә жоқ, –дейді «Абылқасымов» шаруа қожалығының басшысы Балтабек Абылқасымов. – Жылдағыдай болмаса да ерте қамдансақ алты ай қысқа жететін жемшөп қорын дайындап алуға мүмкіндік бар.

Жаз айы ертең-ақ өте шығады. Жазда қапысыз қамданғанның қыстан қысылмай шығатынын жақсы білетін шаруалардың еселі еңбегі ырысын еселей түсері анық.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ

Сарқан ауданы

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ



Қыстың қамын жазда ойла

Былтырғы қақаған қыста Екібастұз қаласында орын алған төтенше жағдай жұрттың есінен әлі кете қойған жоқ. Қылышын сүйреп қыстың да келетін уақыты алыс емес. Демек, алдағы қыстың да қалай болатыны белгісіз. Сондықтан жылыту маусымына дайындық қарекеті де осы бастан пысықталып, жүйелі жұмыс жүргізу керек-ақ. Дегенмен, Жетісу облысында осыған дейін ерекше жағдай орын алған жоқ. Жылу желілері мен жылыту қазандықтарына жүргізілген жаңғырту жұмыстары жылдан жылға жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Алдағы жылыту маусымын қауіпсіз өткізу үшін облыс бюджетінен 10,9 млрд. теңге қарастырылған. Оның 3,7 млрд. теңгесі жылумен жабдықтау нысандарын жөндеуге, ал 7,2 млрд. теңгесі отын сатып алуға бағытталған. Сондай-ақ, кәсіпорындардың меншікті қаражатынан 1,1 млрд. теңге көзделген. Энергия кәсіпорындары үшін жылыту маусымына 365 мың тонна көмір, 10,1 мың тонна мазут дайындау керек. Осыған орай «Талдықорғанжылусервис», «Алакөлжылу», «Сарқанжылу» «АсуТВК» «Панфиловсуқұбыры» мекемелері мен «Жылыту орталығы» ЖШС-лардың көмір және мазут сатып алуына бюджеттен 1,8 млрд. теңге бөлінген. Бюджеттік ұйымдарға көмір және дизель отынын жеткізу, жеке секторды көмірмен толық қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыстар да ретімен жалғасуда. Сондай-ақ, 1648 көпқабатты тұрғын үй және бюджет саласының 936 объектісін қысқы жылыту маусымына дайындау жұмысы қадағалануда.

Орталық қазандықтарды жаңғырту, жылу және электр желілерін жөндеу жалғасуда. Ағымдағы жылы Талдықорған, Текелі қалалары мен Алакөл, Панфилов, Сарқан аудандарындағы жылумен жабдықтау нысанын жаңғыртуға, салуға және ағымдағы жөндеу жұмысына бюджеттен 3,7 млрд. теңге бөлінген. Сол қатарда Талдықорған қаласындағы №4 қазандықты газбен жылытуға ауыстыру және Текелі қаласындағы «Алатау» шағынауданындағы жылу желілерін қайта құру және салу, Алакөл ауданы, Үшарал қаласындағы қазандықты қайта жаңарту, Панфилов ауданы, Нұркент ауылының жылу желісін кеңейту, Сарқан ауданының Сарқан қаласының қазандығын ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстары жүргізілуде.

Жылу желісі мен көздерін қайта жаңарту аясындағы жоспар Қаратал мен Панфилов аудандары және Талдықорған қаласында қарқынды жүруде. Бүгінде облыстық бюджеттен «Басқуат» қазандығын қайта құру және кеңейту» жобасына түзету жүргізуге 500 млн. теңге бөлініп, жұмыс жүргізілуде. Ол келесі жылы наурыз айында аяқталып, алдын ала мөлшерленген құны 25 млрд. теңгені құрайтын жоба 2024-2025 жылы жүзеге асырылмақ. Электрмен жабдықтау жобасына да облыстық бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, 205 шақырымнан астам электр желісі қайта жаңғыратын болады.

Демек, аймақта қысқы жылыту маусымына дайындық жұмысы қарқынды жүруде және оған керекті қаржы мөлшері де жеткілікті.

Қ. ОМАРАҚЫН

25 shilde
2023 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№84 (19223)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЖИЫН-ТЕРІН



Алқап басы қызу еңбек

Ескелді ауданында астық ору жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Агротехникалық талаптарды тиянақты атқарған ірі шаруашылықтардың алды қазір егістіктен тәп-тәуір өнім алды. Олардың қатарында «Хильниченко и К» коммандиттік сенім серіктестігі, «Нам Герман», «Сариев», «Дүйсенбинов» және өзге шаруа қожалықтар бар.

Аудан әкімі Елдос Ахметов қызу жұмыс жүргізіп жатқан «Хильниченко и К» шаруа қожалығына барып, жағдайды бағдарлап қайтты. Биыл Жетісу өңірінде жауын-шашын аз болды. Жерде ылғал мүлдем жоқ. Соның салдарынан арпа-бидай дұрыс көтерілмеді. Десе де құрғақшылыққа қарсы жұмыс атқарудың арқасында арпа-бидайдың өніп шығуына баса мән берген. Аталған шаруа қожалығы Лаба аумаққа 541 гектар бидай еккен. Шаруашылықта жер жырту, тұқым себу және жерді өңдеу секілді жұмыстар уақытылы жүрді.

Аудан диқандары жаздың әр сәтін қалт жібермей, астық ору қарқынын үдете түскен. Егістік алқаптарындағы комбайндар астықты ысырап қылмай, жиналған дәнді қамбаға құюда.

Қали АСҚАР

Ел ризығы еселенеді

Бүгінде Қаратал ауданында егін орағы қызу жүріп жатыр. Еңбеккерлерді ауыл ішінен іздесең таппайсың, олар таңның атысы, кештің батысы қырман басында.

Қаратал ауданы бойынша күздік бидай 150 гектар жерге себілді. Одан алынған өнім 225 тонна, яғни, әр гектардан 15 центнерден айналып отыр. Жаздық бидай көлемі 511 гектарды құрайды. Одан 250 гектар орылып, 375,8 тонна өнім алынды. Әр гектардан 15,5 центнерден өнім жиналуда. Жаздық арпа көлемі 2574 гектарды құрайды. Бүгінде алынған өнім 640 тонна немесе гектарына 16 центнерден өнім алынуда. Егін орағына 8 комбайн, 12 тасығыш техника жұмылдырылды.

Жалпы, биылғы егін орағын қорытындылауға әлі ерте. Жер-ананың ырыздығына кенелемін деген шаруалар әлі де егістік басында. Алда үлкен белестер бар. Жетісулық диқандар биыл 861 мың тонна өнім жинап, ел ризығын еселеуге үлес қосуды жоспарлап отыр.

«ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ»

ЖИЫН-ТЕРІН

Қыстың қамы — қазірден

Халқымызда «Қыста малыңды бақ, жазда шөбіңді шап» деген тәмсіл бар. Сол айтқандай, қолда бар мүмкіндікті толық әрі тиімді пайдаланып, жаз бен күзгі науқандық жұмыстарды ұйымшылдықпен атқару ауыл адамы үшін басты міндеттердің бірі.

Осыны ескерген сарқандық шаруалар қазір барлық күш-жігерді науқандық жұмысқа жұмылдырып, егін орып, мал азығы қорын дайындау үстінде. Дала төсін дүбірге бөлеген диқандардың қызу тірлігі ауданға қарасты барлық елді мекендерде жүріп жатыр. Аймақтың шаруа қожалықтарының егіске орақ, шалғы салып, егін-жайды жинауға кіріскеніне біраз болды. Шаруалар егінді уақытылы жинап алу үшін білек сыбана жұмысқа кірісіп, қамбасын дәнге толтырудың қамын жасауда.

Қазір ауданда күзгі дақылға орақ түсті. Бірнеше шаруа қожалығы күздік қара бидайды жинауға ұйымшылдықпен атсалысуда. Аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Жандос Өмірсадықтың мәліметінше, қазірдің өзінде 800 гектардың үстінде күздік қара бидай орылып, бастырылған. Әр гектарынан орта есеппен 19 центнердей өнім алынуда.

Агротехникалық шаралар дер кезінде жүргізіліп, барлық қажетті жағдайлар жасалса шаруа қауымы жаз бойғы еңбегінің нәтижесін көреді деген толық сенім бар.

Жақсылық ИГІМАН
Сарқан ауданы

Жұмыс қарқыны жоғары

Мал азығын дайындау ісі Алакөл ауданында басталғалы біраз болды. Қазір Алакөл алқабы мен Үйгентас аумағындағы шабындыққа шалғы түсті. Шаруа қожалықтары дәнді дақылдарды жинау басталғанша жемшөп қорын дайындап алу қамын жасауда.

Бүгінде ауданда 200-ге жуық шөп шабу бригадасы науқандық жұмыспен айналысуда. Дала төсінде шөп шабатын машина, тырма, тайлағышжинағыштардың үні естіледі. Ал дайындалған шөп орамдарын таситын ондаған көлік пен трактор тынымсыз жұмыс атқаруда.

Жыл сайын мал басының өсіп келе жатқанын ескерсек, жемшөп қорын да жылдағыдан мол жинауға тура келеді. Алдын ала болжам бойынша аудан шаруалары 314000 тонна ірі сабақты және шырынды және оның ішінде 183300 тонна шөп дайындағанда қыстан қысылмай шығады деп болжануда.

Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Құмар Жұбаевтің айтуынша, өткен жылдағыдай шілде айының басында жоспардың 95 пайызы орындалды. Әсіресе «Жазылбеков және К.» серіктестігі, «Алакөл-Агро» ЖШС және «Беков» шаруа қожалықтарының жемшөп дайындаушылары жақсы нәтиже көрсетуде. «Тоқжайлау» ӘКК ұжымы да жақын арада науқандық жұмысын аяқтайды.

Қазір дайындалған мал азығының негізгі бөлігі, әрине, шөп. Ауа райы да мал азығын дайындау жұмысына қолайлы болып тұр. Десе де көңілді кеңге салуға болмайды. Сондықтан шаруалар орайлы уақытты оңтайлы пайдаланып, қысқы мал азығын жинау жұмысын жандандыра түсуде.

Қ. ОМАРАҚЫН



● Өзекті



Тоспа түбі тазалана ма?

2

● Сұхбат алаңы



Қызмет талапқа сай көрсетіледі

3

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ құрметті тұрғындары!

Жетісу облысының әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ 2023 жылғы 4 тамыз күні сағат 10.00-де аудандық әкімдік ғимаратында аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды (мекенжайы: Үшарал қаласы, Қонаев көшесі, 74).

Сондай-ақ, сағат 11.00-де аймақ басшысы Зейнеп Қойшыбаева атындағы Мәдениет сарайының ғимаратында аудан тұрғындарымен кездесу өткізеді. Мекенжайы: Үшарал қаласы, Қонаев көшесі, №76.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «Jetisu_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=MzRlODBiNWFlZA== сілтемесі бойынша және Алакөл ауданы әкімдігінің «Alakol_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/alakol_akimdigi?igshid=MzRlODBiNWFlZA==сілтемесі бойынша жүргізіледі.

БАСПАНА

Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов Қарабұлақ ауылында салынып жатқан 60 пәтерлік үйдің құрылыс жұмыстарын қарап шықты. Құрылысшылармен сөйлесіп, жұмыстың сапасына мән берді.

САПАҒА МӘН БЕРДІ

Серік ҚАНТАЙ

Бұл үйдің құрылысын «Компания Строй Индустрия» ЖШС мердігерлік ұйымы жүргізіп жатыр. Жалпы нысанның 72 пайызы бітті. Енді негізгі жұмыстар қалды. Тұрғын үйде үш бөлмелі 30, екі бөлмелі 15, бір бөлмелі 15 пәтер бар. Ал көппәтерлі үйді қыркүйек айында тапсыру жоспарланған.

КӨРМЕЙІН ДЕСЕМ...

Сұрқы қашқан «сақалды» құрылыс



Қажет АНДАС

Өткен жылы Жетісу облысы жаңадан шаңырақ көтергенде жерлестеріміздің абдырап қалғаны анық. «Өндіріс пен өнеркәсіп ошақтарының ірі кәсіпкерлік нысандарының дені Алматы облысына тиесілі болып кетті. Аграрлық аймақ саналатын Жетісу облысының экономикалық әлеуеті төмендеп кететін шығар. Әсіресе құрылыстану саласы қарқынды дамып келе жатқан облыс орталығы Талдықорған қаласының жағдайы қалай болады?» деген сұрақтар жиі қойылып жүрді. Әйтсе де, дәл бүгінгі жағдай ол кездегі алаңдаушылықтың негізсіз болғанын дәлелдеп отыр. Себебі, өткен жолы ғана облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарымен кездесуінде: «Жетісу облысы өткен жылғы барлық көрсеткіштер бойынша республикада алдыңғы төртінші орыннан көрінді», – деп атап өтті. Демек, шаруасы шалқыған көрші облыстардан бәсіміз бәсең түскен жоқ.

(Соңы 2-бетте)

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

7 qyrkúıek
2023 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

№102 (19241)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

● Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Соңғы жылдары аумақта мүмкіндігі шектеулі адамдарға жан-жақты қолдау көрсетіліп келе жатқаны белгілі. Қоғамның әр мүшесі толыққанды өмір сүруге құқылы.



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

ҮМІТТЕНІП КЕЛІП, ҚАНАТТАНЫП ҚАЙТТЫ

Гүлжан ТҰРСЫН

Бүгінгі қабылдауға келген мүмкіндігі шектеулі адамдар жасалып жатқан шаралар мен қолдауларға алғыс айтып, талайдан көкейде жүрген мәселелерін қозғады. Жанайқайын еститін құлақ болған соң үміттерін үкілей келіпті.

Бейбіт Өксікбайұлы ұсыныстарды мұқият тыңдап, шешу жолдарын бірден көрсетіп, жауапты басшыларға тапсырма берді. «Бұл мәселеңіз шешілді деп ойлай беріңіз» деген сөздің өзі үмітпен келген тұрғындардың ертеңгі күнге деген сенімін ұштады.

Алғаш кірген Қуаныш Қапанов заңгіптардың жайын қозғады. Ол бірнеше мүмкіндігі шектеулі жанның кітапханашы мамандығы бойынша оқып жатқанын айта келіп, оқуларын аяқтаған соң жұмысқа орналасуына көмек көрсетілсе деген ұсынысын жеткізді. Бейбіт Өксікбайұлы орынбасары Рустам Әлиге заңгіп жандарды мамандығы бойынша жұмысқа орналастыруды тапсырды. Қуаныш Болатбекұлы заңгіптардың игілігі үшін арнайы аппарат сатып алынғанын, бірақ соны орналастыратын орынның жоқтығын айтты. Қондырғы Жастар орталығының арнайы кабинетіне қойылатын болды. «Қуаныш, бұл мәселең де шешілді. Келесі шаруаңды айт» дегенде жігіттің жүзінде інілік ризашылық, жігер пайда болды. Өз денсаулығынан бұрын замандастарының жайын күйттеп жүрген мұндай азаматтарды көргенде облыс басшысының бар ынтасымен көмек қолын созатынына талай куә болғанбыз.

Қуаныш қоғамдық көліктерде жүріп-тұруы қиын адамдарға көмек көрсетілсе деген ұсынысын да айтып, әкім тарапынан толымды жауап алды. Қала әкімі Ернат Дүйсенбекұлы: «Қазан айында алынатын автобустарда заңгіп жандарға арналған көмекші құралдардың болуын назарда ұстаймыз», – деді. Бейбіт Өксікбайұлы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаевқа аудан, қала әкімдерімен бірлесіп, облыста инклюзивті орта қалыптастыру мақсатында жүйелі шаралар атқаруды тапсырды.

Кербұлақ ауданынан келген Мұратбек Солтанбай жер алу үшін өтініш бергенін, сұранысының қанағаттандырылмай келе жатқанын айтты. Бұл орайда бейнебайланысқа шыққан Кербұлақ ауданының әкімі Қанат Есболатовқа тапсырма беріліп, аудан тұрғынының өтініші қайтадан жан-жақты қаралсын деген тапсырма жүктелді. Талдықорған қаласының тұрғыны Галина Абдрахманова тұрғын үйін жекешелендіре алмай жүр екен. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев қала әкімі Ернат Дүйсенбекұлына баласы әскери қызметте жүріп қайтыс болған анаға барынша көмек көрсету керегін айтып, нақты тапсырма берді. Галина ананың басқа да өтініштері назарға алынатын болды.

Бұл күнгі қабылдауға үшінші топ мүгедегі Марғұлан Нұрасылов келіп, өзінің үй кезегіне тұра алмай жүрген өтінішімен қала әкімі шұғылданатын болды. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Арынханұлына жігітті жұмысқа орналастыру міндеті жүктелді.

Қабылдауға келген адамдардың барлығы өтініш-тілектері мен ұсыныстарының ескеріліп, шешімін тауып жатқанына ризашылығын білдіріп, имене кірген есіктен еңселерін тіктеп шығып жатты.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

Сапалы жиһаз

Көксу ауданында орналасқан «Mebel.TDK 05» жеке кәсіпкерлігі 2020 жылдан бері жиһаз өндірісімен айналысады. Қысқа уақыт ішінде танымал болған компанияның аймақтың кез келген түкпіріне өнімдерін жеткізуге мүмкіндігі бар.

Компанияның басты мақсаты – тұтынушыларына сапасы жоғары өнім ұсыну. Компания менеджерлері үй жиһаздары туралы ақпаратпен қамтып, тұтынушы талғамына байланысты таңдау жасауға кеңес беруге дайын. Кәсіпорын жетекшісі Саяши Елімбектің айтуынша, қазір бұл компанияның жұмысы жанданып, табысы артып келеді. Өнімдері жергілікті тұрғындар арасында үлкен сұранысқа ие.

Өндіріс орны сапалы жиһаз шығаруға мүмкіндік беретін жаңа жабдықтармен жабдықталған. Мұндай мүмкіндікке ие болу үшін олар мемлекеттік қолдауды пайдаланып, «Даму» қорының субсидиялау мен кепілдік беру құралдарын қолданып, «First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамына «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» бағдарламасы аясында несиеге қол жеткізді. Несие қаражат айналымын толықтыруға бағытталды.

Көксу ауданы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Медициналық орталық кеңеюде

Бүгінде Талдықорған қаласындағы «Мәртебе» медициналық орталығы мемлекеттік қолдаудың арқасында кеңеюде.

Денсаулық сақтау және медицинаны қолдау әрқашан Қазақстан үшін басым салалардың қатарында. Аталған орталық облыста үлкен сұранысқа ие. Басшысы Әлия Сейтқазинаның айтуынша, бұл мекеме 2019 жылдан бастап ересектер мен балаларға медициналық көмек көрсетіп келеді. Онда 30-ға жуық жоғары білікті дәрігерлер қызмет көрсетеді. Медициналық орталықта толық зертханалық-клиникалық тексеруден, барлық органның ультрадыбыстық диагностикасынан, ЭКГ, бейнекольпоскопиядан өтуге болады.

Сонымен бірге физиологиялық, басқа да ем түрлерін қабылдауға мүмкіндік бар. Медициналық орталықты кеңейту үшін кәсіпкер мемлекеттік қолдау алуға «Даму» қорына жүгінді. Осылайша, компания субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде қолдау алды. Компания бұл қаражатқа қосымша медициналық орталықтың құрылыс жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Осыған байланысты қазір мекеменің жер учаскесінде құрылыс басталды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Талдықорған қаласы

● Облыстық мәслихат



Нақты шешімдер қабылданды

3

● Руханият



Түркияда тойланды

4

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

8 747 390 09 90

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚЫЗЫЛША КЕДЕРГІСІЗ ҚАБЫЛДАНАДЫ

● Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы мен Көксу ауданындағы салаға жауапты мамандардың бастауымен республикалық және өңірлік БАҚ өкілдері «Көксу қант зауыты» ЖШС-нің қант қабылдауға қатысты дайындығымен танысып, қызылша өсіретін шаруа қожалықтарының егіс алқаптарын аралап қайтты.

Қажет АНДАС

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Қант саласын дамыту жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспар» Үкімет қаулысымен бекітіліп, нақты шаралар қарастырылған. Осыған орай 2026 жылға дейін қант қызылшасының егіс алқабын 15 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарлануда. Өткен жылы қант қызылшасының алқабы 4278 гектарды құрап, 187,5 мың тонна өнім алынып, орташа өнімділігі гектарына 438,5 центнерден айналды.



Ал биыл түсім одан да мол болмақ. Өйткені, шаруашылықтардың ішінара шығындарын өтеу мақсатында мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау жылдан-жылға көбеюде. Атап айтсақ, ағымдағы жылы егін шаруашылығын қолдау бағытына 10,3 млрд. теңге бөлінген. – Биыл облыс аумағында 8700 гектар алқапқа қант қызылшасы се-білді. Алдын ала болжам бойынша 370 мың тонна өнім жиналады деп отырмыз. Оның 250 мың тоннасын «Көксу қант зауыты» ЖШС, ал қалғанын «Ақсу қант зауыты» ЖШС өңдемек.

(Соңы 2-бетте)

Жұмыс қарқыны жоғары

● Саялы Сарқан ауданында дәнді дақылдарды жинау науқаны қарқынды жүргізілуде. Нәтижесінде қамбаға 95 мың тоннадан аса астық түсті.

Жалпы, өңірде егістіктің көлемі 97 мың гектардан асады. Оның 64 907 гектары дәнді дақылдарға тиесілі. Аптап ыстыққа қарамастан егістік жинау науқаны кесте бойынша жүріп, жиналуға жататын 64 мың гектардан аса дәнді дақылдың 50 мыңнан астам гектары жиналып, одан 95 мың тоннадан аса астық қамбаға түсті. Оның ішінде 9,6 мың тонна жаздық бидай, 28,7 мың тонна күздік бидай, бар. Қалғанын арпа дақылы құрайды.

– Күзгі егін жинау науқаны қыза түсті. Қазір өңірде 980 гектар алқапқа егілген картоптың 694 гектарынан 15 мың тонна өнім жиналып, 660 гектар көкөніс түрлерінің 522 гектарынан 16,5 мың тонна өнім алынды. Ал бақша дақылдары толық жиналып, 3 600 тонна өнім қамбаға құйылды. Күзгі дала жұмыстарына «Gos Agro» бағдарламасы негізінде 1476,13 тонна кепілдендірілген дизель отынын алуға аудан шаруа қожалықтарымен келісімшарт жасалуда, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Жандос Өмірсадық.

Өңір шаруалары жаз бойы маңдай терін тамшылатып жүріп күтіп-баптаған астықты шашау шығармай орып, қамбаға құюдың қамында жүр. Өнім жинау әлі де жалғасуда.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ

Сарқан ауданы



ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ

НАҚТЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

● Жетісу облыстық мәслихатының кезектен тыс VII сессиясы өтті. Күн тәртібінде «Жетісу облысының 2023 – 2025 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау, сондай-ақ, облыстық полиция департаментінің 2022 жылы және 2023 жылдың 7 айында атқарған іс-шаралары қаралды. Сессияда жер учаскелеріне төлемақының базалық ставкаларын белгілеу, облыс бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы мәселелер талқыланды.

Гүлжан ТҰРСЫН

Жиында сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев қант қызылшасы алқабын кеңейту, «Ақсу қант зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысын жүргізу мәселесіне тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу өңіріне жасаған сапарында қант қызылшасын өсіруге ден қойып, алқаптарды кеңейту жайлы тапсырма берген. Сондай-ақ, Ақсу, Көксу қант зауыттарының жұмысын жандандыруды міндеттегені белгілі. Осыған орай Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарында тәтті түбір алқабын кеңейтуге көңіл бөлінеді. Бұл орайда Ақсу қант зауытын жүргізу үшін бюджеттен 1,8 млрд. теңге бөлінді, – деді Әлібек Жақанбаев.

Күн тәртібіндегі «Жетісу облысының 2023 – 2025 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселелер бойынша облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов баяндама жасап, облыс бюджетінің кіріс-шығыстары жөнінде ақпарат берді.

Облыстық полиция департаментінің басшысы Атығай Арыстанов былтырдан бері атқарған жұмыстарына тоқталып, биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша қылмыстық құқықбұзушылықтар 23,4 пайызға төмендегенін айтты. Оның айтуынша, облыста 10 мың тұрғынға шаққанда қылмыс деңгейі – 60, республикалық көрсеткіш бойынша – 71-ді құраған.

Баяндамашының сөзінше, өзекті мәселелердің бірі – жол-көлік оқиғасының азаймай тұрғандығы. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету полиция органдарының маңызды міндеттерінің бірі. Жол-көлік оқиғаларының орын алуына көбіне жылдамдықты шамадан тыс асыру себеп. Биыл соның салдарынан 75 оқиға орын алған. Осының кесірінен 33 адам қаза тауып, 135 адам жарақат алған. Республикалық маңызы бар жолдарда полициялық қадағалау маршруттарының саны ұлғайтылды. Арнайы маршруттардың көбейтілуі – оқиға орнына жедел жету және жарқылдауық маяктар бар автопатрульдер арқылы оқиғаның алдын алуға ықпал етуге негізделген.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында бейнебақылау жүйелерін кеңейту, жол жүру ережелерін бұзғандарды автоматты түрде тіркеуге баса көңіл бөлінбекші. Облыстың жергілікті маңызы бар автожолдарында «VIDAR SPEED-R» белгіленген жылдамдықты бұзғандарды тіркейтін 17 камерасы бар 7 автоматтандырылған бағдарламалық кешен бекеті жұмыс істейді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес департамент қызметінде есірткі бизнесімен күреске көп көңіл бөлінеді. Облыс көлемінде есірткі қылмыскерлерін ұстауға, құрамында есірткі бар өсімдіктердің, қылмыстың осы түріне қатысы бар адамдардың заңсыз егістіктерін анықтауға және есірткіге қарсы насихаттауға бағытталған жедел-іздестіру іс-шараларының кешенін жүргізу мақсатында материалдық-техникалық базаны жақсарту қолға алынуда, – деді облыстық полиция департаментінің басшысы Атығай Арыстанов.

Жер телімдеріне төлемақының базалық бағасын белгілеу жайында ақпарат берген облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Ермек Апеков жер төлемдеріне төлемақының базалық бағасын белгілеуді түсіндіріп өтті. Оның айтуынша, базалық баға нысанның аудан орталығынан қашықтығына, жол жүйесінің сапасына, инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылымның болуына байланысты белгіленеді. Бұл жайында депутаттар жер алған кезде қызмет көрсететін мекемелердің, жеке тұрғындардың көзқарасы ескерілуі керектігін ортаға салды.

Сессияда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларды іске асыру мәселесі қаралды. Облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнәр Тойлыбаева:

– Талдықорған, Текелі қалалары мен Ескелді аудандарын жарықтандыру барысында әріптестік жобаларды іске асыру үшін келісім беріп отырмыз. Бірақ, әріптестердің жауапкершілігі әкімдік тарапынан қадағаланады, – деп мәселенің мәнісін түйіндеді. Сондай-ақ, сессияда «Отбасы банкпен» жұмыс істеу, мұғалімдерге баспана алу үшін төлемқаржы беру жайы да сөз болды. Бұл орайда мұғалімдердің тізімі, саны, сертификат алушылар қатарында есепке алынуы жайлы ұсыныстар айтылды.

Сессия отырысына енгізілген барлық мәселелер депутаттар тарапынан жан-жақты талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Толғақты мәселелер таразыланды

● Облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, құқықтық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, депутаттық өкілеттіктер және этика мәселелері бойынша тұрақты комиссияның отырысы өтті.

Қажет АНДАС

Онда облыстық мәслихаттың 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 13-39 «Жетісу облысының 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау, облыстық полиция департаментінің 2022 жылдың және 2023 жылдың 7 айы бойынша атқарылған жұмыстары, жер телімдеріне төлемақының базалық мөлшерлемесін белгілеу, облыс бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санатының тізбесін айқындауға қатысты баяндама оқылып, сұрақтар талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов, облыстық полиция департаментінің бастығы Атығай Арыстанов, облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Ермек Әпеков, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Данияр Ысқақов баяндама жасады.

Мемлекет басшысы 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заң әзірлеп, қабылдауды тапсырған болатын. Осыған сәйкес облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Момыш Махметов «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға енгізілген өзгерістер туралы мәслихат депутаттарын хабардар етті.

Отырыста талқыланған мәселелер депутаттар тарапынан жан-жақты қаралып, тиісті шешім қабылданды.

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда соңына өшпейтіндей із қалдырған адамда арман бар ма, шіркін?! Соңына сондай жарқын із, ұрпағына асыл сөз қалдырған азаматтың бірі Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері Жасболат Нұрмұхамбетов еді. Оның өнегелі өмірі мен ғибратты еңбек жолы өскелең жастарға үлгі болатындай деңгейде.

Жайсаң мінез Жасеке еді

Жасболат Нұрмұхамбетұлы 1923 жылғы 20 қазанда бұрынғы Талдықорған облысы, Ақсу ауданының «Қызылтаң» кеңшары аумағындағы Қопа ауылында дүниеге келіпті. Биыл осы бір кесек тұлғаның туғанына 100 жыл толып отыр.

Сол кезең адамдарының түрлі атыс-шабыс пен қуғын-сүргін, ашаршылық сияқты небір зұлматтарды бастан кешкені анық. Жеті жасар Жасболат та сол кезде әкесінен айырылып, жетім қалады. Отыз жасында жесір атанған анасы Рәш болса, қиындықпен арпалыса жүріп ұлының қатарынан кем қалмауы үшін күш-қайратын аямады. Тұрмыс тіптен қиындап кеткен бір жылдары ол Жасболатты Бөрлітөбе ауданындағы балалар үйінің жанындағы орта мектеп-интернатқа береді.

Жаппай аштық басталған тұста анасы екеуі Алматы қаласына көшіп барады. Рәш апамыз тігін артеліне жұмысқа тұрып, баласын жақсы мектепте оқыта бастайды. Бірақ Жасболатқа Алматы қаласының ауа райы жақпай денсаулығы сыр берген соң ана мен бала амалсыздан туып-өскен өңірге қайта жол тартады. Ағайын-туысты жағалап, Талдықорған облысының Матай стансысына көшіп келеді. Жасболат осы жерде 1941 жылы он жылдық мектепті бітіреді.

Тағдырдың тосқан қияметі аз емес екен. Мектепті тамамдап, асқақ армандарына қол созғалы тұрған шақта соғыс басталып, 18-ге жаңа ғана келген жас жігіт әскер қатарына алынады. Толық орта білім алып, жалындап тұрған жас Ашхабадтағы әскери училищеде алты ай оқыған соң кіші лейтенант шенімен Терістік Кавказға майданға аттанады. Сол жылы қазанда 328-атқыштар дивизиясының 1107-полкінің үшінші батальонының құрамында взвод командирі лауазымында қиян-кескі шайқасқа кіріп, от кешеді. Ерен ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және бірнеше медальмен марапатталады. Қанды шайқастардың бірінде ауыр жарақат алған соң II топтағы мүгедек танылып, 1943 жылдың шілде айында елге оралады.

Атадан қалған жалғыз тұяқ майданға анасының ақ батасымен аттанған екен. 20 жасында соғыс мүгедегі атанса да оқ пен оттың арасынан аман келгенін анасы үлкен олжа санайды.

Туған жеріне аман оралған жауынгер ендігі жерде еңбек майданына белсене араласып, Ақсу аудандық ауыл шаруашылығы банкінде қызмет жасайды. Жоғары білімсіз болашақтың бұлыңғыр боларын білген жас офицер 1948 жылы С.М. Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-тарих факультетіне оқуға түседі. Соғыстан кейінгі қиын кезеңде оқып жүріп отбасын асырау ауыр болғандықтан университеттің кешкі бөліміне ауысып, 1949 жылдан бастап Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігінің кадр бөліміне бас маман болып қызметке орналасады. Алғырлығы мен біліктілігінің, өжет мінезінің арқасында 1951-55 жылдары Қазақстанның Тамақ өнеркәсібінің министрі атақты Мәжікен Есенұлы Бутиннің бірінші көмекшісі болып тағайындалады.

1954 жылы университетті үздік дипломмен тамамдаған талапты жас аспирантураға түсуге кандидаттық минимум тапсырды. Бірақ соғыста алған жарақаттары қозғалып, 1955 жылдың аяғында жұмысты тастап, мүгедектігі бойынша зейнетке шығуға мәжбүр болады. Содан кейінгі жерде дәрігерлердің нұсқауымен туған жері – Ақсуға оралады. Ақсу өзенінің таудан аққан тастай суық суымен өзін-өзі емдеумен айналысып, өзін ешқандай дәрі-дәрмексіз-ақ қатарға қосады. Аурудың беті бері қарап, жазылған соң 1957 жылдың қараша айында Ақсу аудандық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары, кейін осы мекеменің төрағасы қызметіне тағайындалады. Жұмысының сауда саласына ауысуына байланысты Мәскеудің кооператив институтына сырттай оқуға түсіп, 1964-67 жылдары Алматы қаласында Қазақстан Тұтынушылар одағы ұйымдастыру бөлімінің басшысы болып қызмет атқарады.

Ж. Нұрмұхамбетовті басшылық республикадағы ең кенжелеп қалған өңірге жіберді. Атап айтқанда, ол 1967-77 жылдар аралығында Жамбыл облыстық тұтынушылар одағын он жыл басқарып, Кеңестер одағының ауыспалы Қызыл Туын бірнеше мәрте жеңіп алды. Сөйтіп өзі басқарған мекемені одақ бойынша бірінші орынға шығарды. Облыстың барлық аудандарында бір типті әмбебап дүкендер салдырып, Қазақстанда бірінші болып тұтынушылардың өзіне-өзі қызмет көрсету тәсілін енгізді. Сол кезде жұрт: «Біздің облыста құстың сүтінен басқаның бәрі бар», – деп мақтанышпен айтады екен.

Ол тайсалмай сөйлейтін батыр адам болыпты. Шындықты айтуға келгенде еш жерде тартынып қалмайды екен. Содан кейін де беделі өте жоғары болған. Жамбыл облысының бірінші хатшысынан кейінгі танымал адам саналғандықтан тұрғындардың бірқатары әлеуметтік мәселелерін шешу үшін Ж. Нұрмұхамбетұлына өтінішпен келуді әдетке айналдырыпты. Өзінің тікелей міндеті болмаса да ол соның бәріне қолдау жасап, мәселелерін шешіп беріп жүріпті.

Білікті маман Жетісуға қайта оралғаннан кейінгі уақытта Талдықорған қаласының «Өнеркәсіпсауда» мекемесін 1983 жылдың қазан айына дейін басқарып, жасына байланысты зейнеткерлік демалысқа шығады. Сол кезеңде оның беделі мен күш салуының арқасында қалада көптеген сауда орталықтары бой көтеріп, ескірген нысандар күрделі жөндеуден өткізілді. Түрлі марапаттарға ие болып, қалалық кеңестің бірнеше шақырылымының депутаты болды.

Абыройлы азаматтың отбасы да әдетте жарасымды болады емес пе? 1943 жылдың қазан айында майданнан оралған аға лейтенант Жасболат Күләш Байқадамқызы Елеусізовамен шаңырақ құрады.

Күләштың азан шақырып қойған аты «Күнсана» екен. Атасы Байкісі атына сай бай-қуатты адам болыпты. 1927 жылдары туыстары тәркіленіп, ата-бабалары қоныстанған өңірден бас сауғалап қашуға мәжбүр болады. Кейбірі тау асып Қытайға өтіп кетеді. Ал Байкісі: «Туған елді тастап кетпеймін, әлі жақсы заман туады, елге қайтатын уақыт болады» деп мұзды, құзды тау арасын қоныстанып жүргенде қайтыс болыпты. Күләш апамыздың анасы Бәтима әжеміз де құз-қиялы тау шатқалдарының арасында жүріп, ауыр сырқатқа ұшырайды. «Ең болмаса емшектегі Күләштi елдің қарасына жеткізіп тастайын» деп баланы Мұқырыда тұратын немере ағайындарының үйіне жеткізіп, өзі сол жерде қайтыс болады. Сөйтіп Күлаш апамыз да жастайынан жетімдіктің зардабын тартып өседі.

Өздері аштықтың қыспағында отырған ағайындар: «Үлкен атаның бір тұяғы тірі қалсын» деп кішкентай Күләшті Куйбышев колхозындағы балалар үйіне өткізіпті. Балалар үйінің директоры иманды, қол астындағы балалардың бәріне әкесіндей қарайтын Нұрақас Телжанов деген азамат екен. Жаңадан келген әп-әдемі, бота көзді, бұйра шашты қызды ол енесі Аяулы Елеусізқызына асырап алуды ұсынады. Содан екі-үш ай бұрын Күләш деген қызы қайтыс болып, жүрегі қарс айырылып отырған Аяулы ана жетім баланы ойланбастан бауырына басады.

Соғысқа аттанарда бір сәуегей адам Жасболат жайында: «Қасиет қонған бала, періштесі қорғайды. Соғыстан аман оралады. Беделді азамат атанып, сүйікті жарын тауып, үбірлі-шүбірлі отбасы болады» деп болжаған екен. Сол болжамы айнымай келеді. Күләш апа мен Жасболат ата сегіз бала өсіріп, олардан бірнеше немере мен шөбере сүйді.

Екеуі тауып қосылған жұп болды. Жасекең қызметте жүрсе, Күләш үйдің берекесін кіргізіп отырды. Көзі көрмейтін енесін бағып, сегіз баласын тәрбиелеп, келімді-кетімді қонақтарды күте білді. Оқуға келген туыстардың балалары да осы үйде тұрды, іссапармен келген адамдар да осы шаңыраққа ат басын тірейтін. Өзге жұрт: «Қалай бәріне үлгереді?» деп таңғалушы еді. Осылайша ол үлкен қызмет жасамаса да өмірін Жасболат атамыздың биік белестерден көрінуіне, беделді болуына арнады.

Күләш апа қолы қалт ете қалса домбырасын қолына алып ән салып, күй тартып отырады екен. Жары мен балаларына, немерелеріне арнап жазған жырлары сақталған.

Жамбыл өңірінде тұратын бір досы қайтыс болғанда соңында шиеттей балалары қалыпты. Сол кезде Жасекең «Әйелі жесір, балалары жетім қалды ғой» деп отбасына қолдау көрсетіп, ақырғы сапарға шығарып салудың барлық рәсімдерін өзі атқарады. Досының мазарын да салып береді. Мұның өзі адамгершілік қасиеттің жарқын көрінісі.

Ж. Нұрмұхамбетұлы зейнетке шыққан соң да қоғамдық-саяси істерге белсене араласыпты. Облыстық ақсақалдар кеңесінің мүшесі ретінде көптеген бастамалардың жүзеге асуына үлес қосқан.

Талғамы жоғары азамат әдебиетке, өнер мен мәдениетке, тарихқа баса мән берген екен. Қай облыста қызмет істесе де сол жердегі газет редакторларымен тығыз қарым-қатынаста болыпты. Соған орай қоғам дамуына ұдайы үн қосып отырған. Жазған дүниелері облыстық, республикалық басылымдарға, соның ішінде «Егемен Қазақстан» газетіне тұрақты жарияланып тұрыпты.

Облыстық филармония директорлары да ол кісіні арнайы шақырып, ой-пікірін тыңдауды әдетке айналдырыпты.

Көп оқитын, тарихты терең білетін азамат сол заманда көптің қолына түсе бермейтін әлем әдебиеті алыптарының жинағын, «ЖЗЛ» сериясы бойынша жарық көрген зиялы адамдардың өмірі туралы кітаптарды жинақтапты. Өмір бойы жинаған кітаптары кейін Астанадағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына табысталып, біразы балалары мен немерелеріне берілген.

Жиен немересі Дәурен бірінші сыныпқа барғанда 7 томдық «Балалар энциклопедиясын» тарту еткен екен. «Адамгершілігің таудай, парасатты азамат бол» деп тілегін жазып, қолын қойған. Бұл жинақ бүгінде ең қымбатты естеліктің бірі ретінде сақтаулы тұр.

«Жасболат ата ғұмыр бойы көңіліне түйген ойларын қағазға түсіріп, 1996 жылы «Өмір, саған құштармын» атты кітап жазып шығыпты. Бұл еңбегін әкесі Нұрмұхамбет пен анасы Рәштің рухына арнаған екен. Еңбегіне қанағаттанған сезіммен: «Аз да болса арттағыларға жол салып, із тастағаныма шүкіршілік етемін. Өз туған облысыма оралып, талаптанып жүріп Талдықорған қаласында хал-қадірімше атқарып кеткен жұмыстарымның сипаты осындай» деген ой қалдырыпты. Кітабы шыққаннан кейін екі жарым ай өткенде, 1997 жылдың 13 қаңтарында қайтыс болады деп кім ойлаған?

Жасекеңмен араласқан адамдардың арасында танымал қайраткерлер де көп болған екен. Солардың бірі мемлекет және қоғам қайраткері, академик ғалым Мырзатай Жолдасбеков өз естелігінде: «Жасболат аға батыр тұлғалы, бұйра шашты, ежелгі грек аңыздарының кейіпкеріндей табиғаты да, кескін-келбеті де ерекше жаратылған, ақыл-парасаты да үйлесіп тұрған, барын ағайынмен бөлісіп жүретін, әдемі киінетін, жайқалып жүретін өте келісті кісі еді», – деп жазыпты.

1993-96 жылдары Талдықорған облысының әкімі, кейін министр болған Серік Ахымбеков Ж. Нұрмұхамбетұлының азаматтық қасиеттерін жаза келіп: «Жасекең мен Күләш апамыз өзгелерге үлгі болатындай мәнді де, мағыналы да жарасымды, әдемі жұп болды. Нағыз отағасы бола білген ол кісі шын мәнісінде, өзі айтқандай, жан-жарының «өкшесін қисайтпай», екеуі қол ұстасып ұзақ өмір сүрді. Жетісу қауымы осы асыл жандардың өміріне сүйсініп, оларды әр уақыт естеріне алып отырады», – деген екен.

Соғыс ардагері, академик ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жүрімбек Сыдықов Жасболатпен жолдас болғанын жазады. Оның өте өжет, қайсар болғанын айта келіп: «Жасболат түсінік-талғамы жоғары, әр жақты азамат еді. Тарихқа, әдебиет пен мәдениетке, ән-күйге үлкен мән беретін. Тұрмыстың қиындығы, соғыс болып, оқудан кенде қалмаса, бір үлкен ғалым болатын адам еді. Соның өзінде бір университет, бір институт бітіріп, мемлекеттік жауапты қызметтер атқарды», – деген лебізін алға тартыпты.

Осы қатарда Аманғазы Шегіров пен Жомартқали Жексембинов, Оралбек Жақиянов сынды қоғам қайраткерлері де өз ойларын ортаға салыпты. Ақын, жазушы Әли Ысқабай ағамыз көлемді естелік жазып, жыр арнаған.

Ж. Нұрмұхамбетұлының қызы Гүлнәр қазір Астанада тұрады. «Өзі әке қамқорлығын көре алмай қалғандықтан шығар, әкеміз балаларын өте жақсы көрді. Ұлқыздарым ештеңеден тарықпай өссін деп ойлайтын-ды. Ұрпағының бейбіт өмір сүріп, бақытқа бөленгенін ғана көргісі келді. Бізге ғажайып балалық шақ сыйлаған әке-шешемізге алғысымыз шексіз. Әкем жүрегі жомарт, пейілі кең адам болды. Ол өмірден озғанда мен үшін жер қақ айырылғандай болды. Бұрын ондай қасіретті шекпеп едім. Қатты күйзеліске түсіп, ауырып қалдым. Бір жыл ауруханада жатып, емделіп шықтым. Әкем есіме түссе, әлі күнге дейін көзіме жас толады», – дейді Гүлнәр Жасболатқызы.

Бүгінде немерелері: «Ата-әжеге барғанда олар бізді әуежайдан гүлмен қарсы алушы еді», – деп еске алады. Машинамен келгендерін қала сыртынан қарсылайды. Оларға бала деп қарамай қаланың көрікті жерлерін аралатып, құрметті қонақ сияқты сый-сияпат көрсеткен.

Қазір зейнет демалысындағы қызы Гүлнәр да сол отбасылық дәстүрді ұстанады. Немерелері келсе қонақ бөлмеге үлкен дастарқан жайып, күндіз де, түнде де қуана қарсы алып, күтіп отырады. Өздері жақсы көретін тағамдарын дайындап қояды. «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» деген осы шығар.

Жасекең ешкімнің ала жібін аттамаған жаны таза, әділ азамат болыпты. «Кімге болса да жақсылық жасасам деп тұратын жан еді. Денесі қандай зор болса, жүрегі де соншалықты үлкен адам болатын», – дейді ол кісіні білетіндер.

Қайтыс боларынан бірер жыл бұрын Талдықорғанда жаңа мешіттің құрылысы басталғанда ол да елмен бірге атсалысады. Мұны өткен кезеңде атқара алмаған мұсылмандық парыздарын өтегісі келгені деп ұқтық. Парызы орындалды. Мешіт ашылған соң бірнеше күннен кейін өзі де қайтыс болып, сол мешітте намазы шығарылып, соңғы сапарға аттанды.

Соңына жарқын із қалдырған соғыс, еңбек ардагері, Жетісу өңірінің көрнекті ақсақалы Жасболат Нұрмұхамбетұлының есімі ұмытылған жоқ. Жазғаны жерде қалған жоқ. 2008 жылы Талдықорған қаласының басшылығы облыс орталығының өркендеуіне еңбегі сіңген ағамыз, қалалық Кеңестің бірнеше шақырылымының депутаты болған Ж. Нұрмұхамбетовтің еліне сіңірген еңбегін жоғары бағалап, өзі тұрған үйге ескерткіш мәрмәр тақта орнатты.

Нүсіп ДОДАБАЙҰЛЫ

19 qyrkúiek

2023 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№107 (19246) ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады



Жетісу облыстық аумақтық сайлау комиссиясының хабарламасы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 8-1)-тармақшасына, 113-1-бабының 1-тармағының 2)-тармақшасына және 2-тармағына сәйкес, Жетісу облыстық маслихатының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі № 8-48 шешімі негізінде Кербұлақ және Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиялары Кербұлақ, Сарқан аудандары әкімдерінің сайлауын тағайындады.

Сайлау 2023 жылғы 5 қарашаға тағайындалды, аудан әкімдеріне кандидаттарды ұсыну 2023 жылдың 16 қыркүйегінен басталып, 2023 жылғы 5 қазанда сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттар келесі жолдармен ұсынылуы мүмкін:

1) өз мүшелерінің арасынан Саяси партиялар;

2) өзін-өзі ұсыну арқылы.

Кандидат бола алмайды:

заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;

сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәсі заңда белгіленген тәртіппен танылған адам.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңмен қойылатын талаптар:

Қазақстан Республикасының азаматтығы;

жасы – 25 жастан кем емес.

Мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен қойылатын талаптар:

Кандидат осы лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі керек.

Мемлекеттік қызмет туралы заңда азаматты мемлекеттік қызметке қабылдауға болмайтын талаптар да қарастырылған. Алдағы сайлау туралы толық ақпаратты Кербұлақ, Сарқан аудандарының аумақтық сайлау комиссияларының интернет-парақшаларынан көруге болады.

БӘРЕКЕЛДІ!

КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОСЫЛДЫ



Әрбір қазақстандықтың жайлы өмір, бақуатты тұрмыс кешуі үшін ауқымды саяси үдерістер жүзеге асуда. Жайлы өмір түсінігінде кез келген тұрғынға қолжетімді инфрақұрылым қажет-ақ. Қажетті инфрақұрылым қатарында электр жарығы, таза ауызсу, жол және көгілдір отын бар. Табиғи газдың бұл қатарға енгеніне көп бола қойған жоқ. Соған қарамастан әр ел азаматының көгілдір отынға қолжетімділігін қамтамасыз етуде басым саясат қолға алынды. Оның айқын дәлелін көру үшін ат арытып алысқа барудың қажеті жоқ. Жетісу облысының іргесіндегі Көксу ауданындағы қарекетке көз жүгіртсе жетіп жатыр.

Дастанбек САДЫҚ

Өткен жұмада аудан орталығында тұрғындарды көптен толғандырған газдандыру мәселесі толық шешілді. Балпық би ауылында жаңадан бой көтерген «Береке» шағынауданында орналасқан көпқабатты тұрғын үйлердің дені газ желісіне қосылған. Тек Мырзабеков, 3 көпқабатты үйдің тұрғындары көгілдір отынды пайдалануды көптен армандап жүрді. Желі үй іргесіне жақын орналасқанмен тұрғындарға түк пайда болмады.

Бұл үйдегілердің желіге өз күшімен қосылуға да мүмкіндігі төмен еді. Себебі, тұрғындардың дені әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасылар. Нәтижесінде іргедегі игілікке қол жеткізе алмаған соң аудандағы атқамінерлерге қаншама рет мәселесін даулап барыпты. Шешімді жол табылмаған соң ауданға іссапармен келген облыс басшысына жан айқайын жеткізген. Өңір халқының әлеуметтік мәселелерінің түйінін тарқатуда ұтымды шешім қабылдайтын аймақ басшысы жергілікті атқамінерлерге қайырымды азаматтар тауып, газдандыру мәселесін шешуді тапсырған.

Содан жергілікті әкімдіктегілер «BSP-CROUP LTD» ЖШС-мен келісіп, нәтижесінде серіктестік өз қаржысы есебінен 50 пәтерлік көпқабатты тұрғын үйге газ желісін тартып берген. Қайырымдылық үшін жұмсалған қаржы – 2,5 млн. теңге.

Тұрғындарды құттықтай келген аудан әкімі Марлен Көлбаев айтулы мәселені шешуге атсалысқан серіктестік басшылығына алғысын білдірді.

– Бұл көпқабатты тұрғын үйдің газ желісіне қосылып, көгілдір отынның игілігін көруіне бірден-бір себепкер – Айман Тойшыбекова апамыз. Облыс әкімінің қабылдауында болып, көптің мәселесін шешуге септесуін сұрады. Аймақ басшысы бізге тапсырма жүктеп, түйткілді тарқатуды тапсырды. Нәтижесі осы. Жалпы, Көксу ауданының тұрғындары жайлы өмір сүруі үшін бар жағдайды жасаймыз. Келер жылы Балпық би ауылының тұрғындары толықтай жылы су желісіне қосылады. Бұл бағытта жобалық-сметалық құжат әзірленуде. Мемлекет басшысы «Баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты», – деген еді. Президент жүктеген міндеттер орындалып, әрбір көксулық қолайлы ортада өмір сүретін жағдайға қол жеткіземіз, – деді аудан әкімі.

Сәуле Тәнтібаева көптен күткен игілікке қол жеткізгеніне баладай қуанып жүр. Айтуынша, осындай қайырлы азаматтар көп болса, елде жүзеге асқан оңтайлы істер артады екен.

– Аудан басшылығына, қайырымды азаматтарға алғаусыз алғыс білдіру аздық етеді. Көптің тілеуін орындаған жандарға басымды иемін. Жергілікті әкімдіктегілер алдағы уақытта көпқабатты тұрғын үйдің ауласын абаттандырамыз деп отыр. Қалайша баладай қуанбасқа, – деді қуанышын жасырмаған тұрғын.

Ал Айман Тойшыбаева бұл тұрғын үйге газ қосу аудан әкімдігіне М. Көлбаев жайғасқалы жасалып жатқан өрісті тірліктің кішкентай пұшпағы екенін атап айтты.

– Марлен Көлбаев ғимаратқа қамалып отыруды жаны сүймейтін, халық ортасында жүруге машықтанған Жаңа Қазақстанның әкімі ғой. Көптің сөзіне құлақ түре біледі. Ауданымызды гүлдендіргеніміз үшін алғыс білдіреміз, – деді А. Тойшыбекова.

Жалпы, Көксу ауданында газдандыру жұмыстары қарқынды. Жыл соңына дейін ауданда көгілдір отынға қол жеткізген ауылдардың қатары толығады. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Мади Кәрібаевтің айтуынша, жыл соңына дейін сегізінші ауыл болып Мұсабек елді мекені көгілдір отынға қол жеткізбек. Сонымен қатар, жуық арада аудан орталығындағы 2 және 5 қабатты 60 үйді газдандыруға жобалық-сметалық құжаттар әзірленеді.

● Әдеп кеңесі



Тәртіптік жаза қолданылды

2

● Перзент үні



Хантәңірідей тау тұлға

3

● Бүгінгі күн тақырыбы



Ит пен мысықты чиптеудің қажеттілігі неде?

4

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

СЕНБІЛІК

ҚАЛА ҚОҚЫСТАН ТАЗАРДЫ

● Өткен сенбі күні республикалық экологиялық акциясы және санитарлық тазалық, көркейту-көгалдандыру шарасы аясында облыстың барлық аумағында сенбілік ұйымдастырылды. Сенбілікке облыс бойынша 31934 адам қатысып, 883 шақырым автомобиль жолы, 383 шақырым арық желісі тазартылды. 352 бірлік арнайы техника тартылып, 1802 тонна қоқыс шығарылды.


Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Қажет АНДАС

Талдықорған қаласында өткен сенбілікке облыс орталығындағы мекеме, кәсіпорын қызметкерлері мен еріктілер, қала тұрғындары белсене қатысып, туған қаласының көркейіп-көгалдануы үшін бар үлесін қосуға тырысты. Әр ұжым өздеріне жүктелген аумақты күл-қоқыстан тазалады. Сондай-ақ, әлеуметтік нысандардың аумағы, автомобиль жолдарының жағалауы тазаланып, көрер көзге көрікті орта қалыптастыруға үлес қосты.

Сенбілік басталмас бұрын коттеджді қалашықтың аумағында шағын жиын ұйымдастырылып, қала әкімі Ернат Бәзіл және өзге де экобелсенділер мен белсенді азаматтар сенбіліктің маңызы мен мәнін көпшілікке жеткізді. Осыдан кейін қаладағы мемлекеттік мекемелер, қалалық мәслихат, кәсіпорындар мен өнер, мәдениет ұжымдарының өкілдері өздеріне белгілеп берілген аумақтағы күл-қоқысты тазалап, шашылып жатқан қатты қалдықтарды теріп, құраған шөптерді жинап, оны арнайы дайындалған техникаларға тиеп, белгіленген орынға төгуге жөнелтіп жатты.

Қаратал өзенінің бойындағы орман алқабында өткен сенбілік «Жасыл ынтымақтастық» ҚБ «Жетісу облысының Kaz Eco Patrol» ҚБ, «Алтын адам Жетісу шеберлер орталығы» ҚБ, «Жас Ұлан» ҚБ экобелсенділерінің қатысуымен өтті. Бұл жерге Талдықорған қаласы әкімдігі, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі, Жетісу облысының экология департаментінің қолдауымен 100-ден аса экоеріктілер жиналып, Қаратал өзенінің бойын қоқыстан тазалап шықты.

– Біздің ортақ мақсатымыз – қоршаған ортаның ластану мәселесіне назар аудару және тұрғындардың, мемлекеттің қоқыспен күресу жөніндегі күш-жігерін біріктіру. Өздеріңіз білетіндей, тұрғындар жазда өзен суына шомылады, мал жайылады, жануарлар су ішеді, ал өзеннің суын ластап жатқан қоқыстар оларға үлкен қауіп төндіреді. Сондай-ақ, жыл бойы «Қызыл тас» саяжайына келетін демалушылардың қатары көбейіп келеді. Ал жол бойында шашылып жатқан, тау-тау болып үйіліп жатқан қоқыстар олардың көңіл-күйіне жаман жағынан әсер етеді. Сондықтан Қаратал өзенінің жағасын таза ұстау, полиэтилен пакеттер мен басқа да қоқыстарды жинау аса маңызды. Осы сенбілік арқылы қоқыс тазалаумен қатар осындай маңызды мәселені тұрғындардың есіне салуға тырыстық, – дейді «Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» ҚБ-нің директоры Динара Бәкірова.

Біз ұрпақтарымыздың жарқын болашағы үшін туған өлкемізді таза ұстауға тиіспіз. Бұл мәселе облыста өткір қойыла бастады. Өйткені, облыстың бүгінгі таңдағы әлеуетін туризм саласы еселей түсетіндіктен осы бағытпен арнайы айналысуды мақсат еткен «Жасыл ниеттестік» қоғамдық бірлестігінің өкілдері де сол жерден табылды.

– Облыста барлығы 332 туристік нысан бар. Оның басым бөлігі табиғи демалыс аймағы. Біздің жоба туристік аймақтарда экологиялық белсенділер желісін қалыптастыруға және ішкі туризм саласына бағытталған. Сондықтан экологиялық белсенділік дағдысын қалыптастыруға қатысты шараларға да атсалысамыз, – дейді «Жасыл ниеттілік» ҚБ жетекшісі Алия Ахмедиева.

Аталмыш шараға қаладағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті және колледж студенттері, экологиялық шараларға ынталы мектеп оқушылары қатысты.

– Біз күнде орнымыздан тұрған соң тазалықпен айналысамыз. Үйімізді жинаймыз, ауламызды тазалаймыз. Әдемі болып жүргіміз келеді. Бірақ өзіміздің жеке тазалығымызға көңіл бөліп, ауламызды таза ұстағанымызбен айналамыздағы қоршаған орта қоқсып жатса, оның ешқандай да маңыздылығы болмайды. Сондықтан осындай экологиялық шараларға белсенді қатысамын, – дейді І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 1-курс студенті Аяжан Қабылмажінова.

Өткен сенбілік, міне, осындай көңілді де нәтижелі істермен айшықталды.

Талдықорған қаласы

СЕНБІЛІК

● Сарқан өңірінде «Таза табиғат» аясында өткен дәстүрлі сенбілікте көше жиектері, арық жүйелері, саябақтар, мекемелердің ауласы күл-қоқыстан тазартылды, құраған ағаш бұтақтары кесілді.

Белсенділік артуда

Сенбілікке 17 техника тартылып, 1100-ге жуық тұрғын жұмылдырылып, 25 тонна күл-қоқыс шығарылды. «Жастар», «Қойтас», «Қазақ хандығына 550 жыл», «Жеңіс» саябағындағы қарағай-шыршалардың реңі кіріп, жиналған қоқыстан, шөп-шаланнан тазарды. Сарқан өзенінің жағалауы, Қонаев көшесіндегі аллея қоқыстан арылды.

– Сенбілікке мекеме-кәсіпорын қызметкерлері бір адамдай жұмылып, өздеріне бөлінген аумақты тазалады. Әрине, жалпы аудан тұрғындарының осындай сенбілікке белсене қатысып, қоршаған ортаны қорғауға өз үлесін қосқаны құптарлық іс, – дейді аудан әкімінің орынбасары Жомарт Мыңбаев.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ
Сарқан ауданы

Ұйымшылдық танытты

● «Киелі табиғат» бірыңғай республикалық экологиялық акциясына Панфилов ауданының тұрғындары да ұйымшылдықпен атсалысты.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Оған аудандағы барлық бюджеттік мекемелер мен кәсіпорындардың еңбеккерлері қатысып, көше бойы мен бақтарды, мекемелердің аумағын күл-қоқыстан тазартты. Акция «Жаркент көркем-сәулет мұражайының» алдында өңір жастарының өкілдері қатысқан жиынмен бастау алып, барлық ауылдық округтерде өткізілді. Жаркент қаласындағы барлық мекеме, кәсіпорын қызметкерлері сенбілікке жиналып, бекітіп берген көше иірімдеріндегі күл-қоқыстарды тазартуды қолға алды. Оны қала сыртындағы арнаулы орындарға жеткізуге қалалық коммуналдық шаруашылық пен кәсіпорындардан техникалар бөлініп, акция барысында пайдаланылды.


Жаркент қаласының тұрғындарына жазда бау-бақшасын суаратын ағын су жетіспей жатады. Биыл да бұл мәселе толық шешілмеді. Дегенмен, қала әкімшілігі таудан келетін су жолын, қала көшесіндегі арықтарды жөндеп, тазалауға ерекше мән беруде. Сонымен қатар, сенбілікке жиналғандар көшедегі, демалыс орнындағы, автомобиль жолдарының бойындағы саялы ағаштарды бұтау мен олардың түбін қопсытып, әктеу жұмысын жүргізді.

Бұл жолғы сенбілікке аудан бойынша 6 мың адам қатысып, күл-қоқыстарды тасымалдауға 70 техника тартылыпты. Әдеттегідей елді мекендерді көріктендіру мен күл-қоқыстардан тазарту жұмыстары күзгі тазалық айлығы аясында алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Панфилов ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖОЛДАУ – ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ



БАТЫЛ ҚАДАМ

Мемлекет басшысы биылғы дәстүрлі Жолдауында былтырдан бері жүргізілген ауқымды саяси реформаларға тоқталып, елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орныққанын, адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалып, әділдік пен заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

Сонымен қатар Президент нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалуға болмайтынына назар аударып, осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы Жолдауда өңдеуші және тау-кен өнеркәсібі, қорғаныс-өнеркәсіп кешені, ауылшаруашылығы, энергетика, көлік-логистика, қаржы, IT және цифрландыру, су ресурстары, креативті индустрияны дамыту, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөнінде Үкіметке нақты міндеттер жүктеді. Сондай-ақ, мемлекеттің экономикаға ықпалын азайтуға, экономиканы монополиядан арылтуға, макроэкономикалық саясатты қайта қарауға, салық, бюджет саясатын және әкімшілік басқару жүйесін реформалауға қатысты бірқатар маңызды бастама көтерді.

«Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз», – деді Мемлекет басшысы. Жемісті еңбек етіп, Жолдаудың орындалуына үлес қосу – міндетіміз.

Жанат МҰҚАШЕВ,
Сарқан ауданының
Құрметті азаматы

ЕЛ ДАМУЫН КӨЗДЕЙТІН ҚҰЖАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары»» атты биылғы Жолдауы мемлекеттің өзекті мәселелерін бес бағдар аясында баяндап, оның шешу жолдарын Парламент пен депутаттарға табыстады. Халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын көтеруге, ынтымақтасық пен интеграциялық сфера аясында құқықтық мемлекет қалыптастыру арқылы Жаңа Қазақстан құруға бағыт-бағдар сілтейтін, әр азаматтың тағдырына ықпал ететін ақпараттық хабарлама болды.

Президент осы Жолдауында елдегі экономикалық, әлеуметтік дамудың таяу жылдардағы эволюциясын айқындап берді. Ол заңды да. Өйткені халықтың тұрмыс сапасы, берекелі өмір сүруі экономиканың дамуымен тікелей байланысты. Мемлекет басшысының Жолдауы осы саладағы күн тәртібінде тұрған, халық, қоғам күткен өткір мәселелердің шешімін тап басады.

Әлемдегі геосаяси ахуалға қарамастан ел экономикасы тұрақты дамып келеді. Негізгі бағыттар бойынша оң көрсеткіштерге қол жеткіздік. Алайда, жаһандық экономика өзгеріп жатыр.

Осындай сын-қатерлерге қалай төтеп бере аламыз? Технологиялық бәсекеге дайынбыз ба? Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, орнықты даму сияқты өзекті мәселелер көп. Қасым-Жомарт Кемелұлы осы және жұртшылықты алаңдатқан өзге де сұрақтардың бәріне нақты жауап берді.

Президент Әділетті Қазақстанды құру үшін тек саяси және экономикалық реформалар жеткіліксіз екенін атап өтті. Біріншіден, азаматтардың қоғамдық санасы мен көзқарасын өзгерту қажет, онсыз қалған барлық жұмыс бекер болары анық. Бұл Абайдың «Толық адам» туралы ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының терең мағынасы.

Біздің әрқайсымыз ата-бабаларымыздың баға жетпес мұрасы – туған жерімізді қорғау мен өркендетуді қамтамасыз ету туралы үндеуге жауап беруіміз керек. Бұл біздің қасиетті міндетіміз. Ортақ мақсатқа жету үшін қолдан келгеннің бәрін жасап, елімізді мықты әрі табысты ету үшін әркім өзіне үлкен жауапкершілік артуы керек деп ойлаймын.

Самат ЖАППАРОВ,
М. Төлебаев мемориалды
музейінің қор сақтаушысы

БІРЛЕСЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты биылғы Жолдауында Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы біздің нақты артықшылықтарымызды тиімді пайдалануға негізделетінін атап өтті.

Сондықтан еліміздің ертеңіне арналған кезекті Жолдауды келешегіміз үшін маңызы зор тарихи құжат деп бағалауға болады. Себебі, онда шаруашылықтың сан саласы қамтылып, өзіндік жолы айқындалған, әр қадамы нықталып, экономикамыздың даму мүмкіндіктері талданған. Сондай-ақ, су ресурсы, цифрландыру ісі, өңдеу өнеркәсібі, туризм, ауылшаруашылығы, жасыл экономика, халықтың әлеуметтік жағдайы мәселелеріне басымдық берілген. Бір сөзбен айтқанда, ел үшін маңызы зор тарихи құжат экономиканы жан-жақты өркендетуге жол ашып берді деп санаймын.

Президент, сондай-ақ, кәсіпкерлік ахуалды жақсарту, мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін қабылдау, фискалдық органдар мен салық төлеушілер арасындағы өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшу, көліктік-логистикалық әлеуетті толыққанды іске асыру, банктерді корпоративтік кредиттеуге белсенді қатысуға ынталандыру, қорғаныс, агроөнеркәсіптік кешен және IT технологиялар саласын дамыту, басқа да мәселелерді көтерді.

Бұл бағыттардағы мәселелер біздің кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесінің отырыстарында да үнемі қозғалып отырады. Ондағы проблемалар назарға алынып, басым бөлігінің оң шешімі табылады. Облыста билік, қадағалау, құқық қорғау органдары мен бизнес арасында сындарлы диалог құрылды. Мемлекет басшысының Жолдауда берген тапсырмаларын Жетісу жұртшылығымен бірлесе іске асыруға атсалысатын боламыз.

Дәурен ОҢАЛБАЕВ,
облыстық кәсіпкерлер
палатасының төрағасы

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ



● Облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатовтың төрағалығымен жылыту маусымына дайындық жағдайы қаралды. Жиында облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Данияр Сқақов жылыту маусымына дайындық мәселесі бойынша баяндап берді.

Қыс қыр астында

Қажет АНДАС

Оның айтуынша, биыл облыстық бюджет есебінен жылумен жабдықтау көздерінде ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге және негізгі жабдықтарды сатып алуға 1,4 млрд. теңге бөлінген. Алдағы жылыту маусымына дайындық жұмысын ойдағыдай жүзеге асыру үшін бүгінде энергиямен жабдықтау кәсіпорындары 2 турбина, 30 қазандық, 12 шақырым жылу және 886 шақырым электр желісіне, 113 трансформаторлық қосалқы стансысына жөндеу жұмысын жүргізуде. Алайда, жұмыстар жүйелі ұйымдастырылмағандықтан дайындық ойдағыдай жүргізілмей жатқан көрінеді.

Мәселен, Сарқан қаласының орталық қазандығының тозған 2 қазандығын ауыстыруға мердігер анықталған. Алайда, мердігерде қажетті негізгі жабдықтардың жоқ болуына байланысты әлі күнге дейін жұмыс басталмапты. Үштөбе қаласында блокті-модульді қазандық сатып алуға және орнатуға қаражат биыл шілдеде бөлінген. Алайда, конкурстық рәсімдер әлі күнге дейін жарияланбаған. Талдықорған қаласындағы Дарабоз ана, Абай, Гауһар ана, Балпық би көшелеріндегі жылу желісінің учаскесін қайта жаңарту жобасының іске асырылуына байланысты биылғы жылдың 4-28 қыркүйек аралығында абоненттерді ыстық судан ажырату жоспарланғанмен жұмыс уақытында аяқталмауы мүмкін. Бұл тұрғындардың наразылығын тудыруда. Сонымен қатар, Ескелді ауданы Ақтұма, Ақешкі және Сырымбет ауылдарының тұрғындарын орталық сумен қамтамасыз етілмеу қаупі бар.

Қысқы жылыту маусымынан қысылмай шығу үшін энергия кәсіпорындарына 365 мың тонна көмір, 10,1 мың тонна мазут қажет. Сонымен қатар, бюджеттік ұйымдар үшін 11,4 млн. литр дизель, 16 мың тонна көмір және 4,2 мың тонна пеллет дайындалуы керек. Алайда, энергия кәсіпорындарында бүгінгі күнге 81,6 мың тонна көмір, 1,7 мың тонна мазут қоры бар. Кәсіпорындарға көмір толығымен сатылып алынғанымен жоспардағы 365 мың тонна көмірдің 167,9 мың тоннасы ғана жеткізілген. Мазут отынын жеткізу қазан айында басталады. Бюджеттік ұйымдарға 11,2 млн. литр (қажеттілік 11,4 млн. л) сұйық отыны сатып алынса, оның 8,8 млн. литрі ғана діттеген жеріне жеткізген. Бюджеттік ұйымдарға қажетті 16 мың тонна қатты отынның 13,5 мың тоннасы жеткізілген. Өкінішке қарай, Панфилов ауданының мәдениет нысандарына көмір мүлдем жоқ. Облыс тұрғындары үшін көмірдің жалпы қажеттілігі 453,8 мың тоннаны құрайды, бүгінгі күні 250,4 мың тонна алынған. Дегенмен, тұрғындардың қатты отын дайындау жұмысы Қаратал, Көксу, Ақсу аудандарында баяу жүруде.

Жылыту маусымы жақындап қалса да облыстағы 10 білім беру нысанының жөндеу жұмысы толық аяқталмаған. Сондықтан жылыту маусымына дайындық жұмысы басталмаған. Сонымен қатар, жылу және электрмен жабдықтаушы ұйымдар алдында дебиторлық берешектердің уақытылы өтелмеу мәселелері туындауда. Осының салдарынан кәсіпорындар уақытша қаржылық қиындыққа тап болуда.

Соңында облыс орталығы мен аудан, қалалардағы су, электр, жылумен қамтамасыз ететін мекеме басшылары атқарылған жұмыстарына есеп беріп, орын алған қиындықтардың себепсалдарын түсіндірді.

«Қыс қыр астында» дегендей, күздің бірінші айы да аяқталуға жақын. Демек, дайындық жұмысы жылдам әрі жоспарлы ұйымдастырылмаса биылғы қыста қысылып қалуымыз мүмкін.

Отын қоры жеткілікті

● Күздің ызғары бірте-бірте күшейіп барады. Санаулы күндерден кейін еліміздің барлық аймағында жылыту маусымы басталады. «Қыс шанаңды жаз сайла» дегендей, аязды күндерге төтеп беретін отын қорын қамтамасыз ету, қазандықтардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қадағалау осы бастан қолға алынғаны жөн. Осыған орай, «Қыстан қысылмай шығуға әзірлік қандай?» деген сауалымызға Алакөл ауданы әкімінің баспасөз қызметі төмендегідей мәлімет берді.

– Алакөл ауданы бойынша жылыту маусымына дайындық бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде. Ауданда 2 орталықтандырылған жылыту қазандығы жұмыс істейді. Орталық қазандықты қатты отынмен қамтамасыз етуге «СнабСервисГруп» ЖШС-мен 378,0 млн. теңгеге 24156 тонна қатты отын жеткізуге келісімшарт жасалып, тәулігіне 132 тоннадан тасымалдау жұмысы жүргізілуде. Қазіргі таңда 16 048 тонна қатты отын жеткізілді. Жылу желілерін ағымдағы жөндеуге байланысты 117 млн. теңге қаражат бөлініп, бұл жұмысты «Велунд сталь» ЖШС сапалы атқаруда, – дейді аудан әкімінің баспасөз хатшысы Айжан Мұрат.

Жалпы алғанда ауданда барлығы 13745 жеке тұрғын үйге жылыту маусымы барысында 71696 тонна қатты отын қажет. Бүгінгі таңда 41787 тонна көмір сатылып, тұрғындардың 59,1 пайызы қысқы дайындығын қамдап алды. Ауданды қатты отынмен қамтамасыз ететін 5 теміржол тұйығы бар. Бүгінгі күні 14 вагон немесе 1041 тонна көмір қоры жеткізіліп, сатылуда. Сонымен қатар, «Қазақстан Теміржолы» ҰК» АҚ ақпараты бойынша барлығы 11 вагон немесе 759 тонна көмір жолда келе жатыр. Көмірдің орташа сатылу бағасы 17500 – 23000 теңге аралығында сақталуда.

Жыл сайын жылыту маусымы басталғаннан бастап тұрғын үйлер мен пәтерлердегі тұрмыстық өрттің саны артатындығы да белгілі. Ол көбінесе жылыту жүйелері мен қондырғылардың тозуы, пештің ақауы, жылыту, электр желісін шамадан тыс жүктеу кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережесін өрескел бұзу, сондай-ақ, тұрғындардың немқұрайдығынан туындап жатады. Сондықтан да өрттің алдын алу, жалпы қарапайым талаптарды орындау туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері де түсіндіру жұмысын бастап кеткен.


Егер жоспар ойдағыдай орындалса, алакөлдіктер қатты отыннан да таршылық көрмей, қауіпсіздік шарасын да жүйелі атқарып, алдағы қыстан қысылмай шығатынына сенім мол.

Алакөл ауданы

ӘДЕП КЕҢЕСІ

Тәртіптік жаза қолданылды

● Көксу ауданында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің көшпелі отырысы өтті. Қобылан Манаптың жетекшілігімен өткен жиында 5 мәселе қаралды, оның екеуі тәртіптік іс, үшеуі профилактикалық сұрақ.



Кеңесте қаралған мәселелер бойынша Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасарына, Ақсу ауданындағы Қарашілік ауылдық округінің әкіміне мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағандары үшін «қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту» түріндегі тәртіптік жазалар қолдану ұсынылды.

Кемшіліктерді бұдан әрі болдырмау мақсатында тиісті іс-шараларды қабылдай отырып, қаралған мәселелерді қатаң бақылауға алу және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы, мемлекеттік сатып алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларын оқып-үйрену, Әдеп кодексі талаптарын сақтау бойынша мемлекеттік қызметшілермен онлайн семинар өткізу тапсырылды.


Отырыста мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама бұзушылықтарының алдын алу мақсатында мемлекеттік органдардың ұсыныстары тыңдалды. Көксу ауданы әкімдігінің Әдеп жөніндегі уәкілі Ерлен Байғазы 2022-2023 жылдың алғашқы жартыжылдығының нәтижелері бойынша баяндама жасады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің материалдық жауаптылығы мәселелері бойынша мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарының сақталуына жүргізілген талдау қорытындылары тыңдалып, мемлекеттік органдарға тиісті ұсынымдар берілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЖОЛ және ЛОГИСТИКА

Еуразия құрлығын жалғап жатқан қазақ даласындағы теміржол Қытай мен Еуропа және Орталық Азия мен Араб түбегіндегі елдердің зат тасымалындағы маңызды өткелге айналды. Осы мүмкіндікті толық пайдалану үшін Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен өткен жылы Достық – Мойынты теміржол учаскесінде екінші жолдың құрылысы басталды. Құрылыс жұмысы Жетісу облысында қарқынды жүргізілуде.



АҚШИ СТАНСЫСЫНДА ЖҰМЫС ҚАРҚЫН АЛДЫ

Қажет АНДАС

Аталмыш жобаның құрылысы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында қолға алынған. Жалпы Достық жүк тасымалы бекетінен Мойынты стансысына дейінгі 836 шақырымдық екінші теміржол желісі отандық өнімнің экспортын ұлғайтуға және елдің транзиттік әлеуетін арттыруға тікелей ықпал етпек. Жобаға тапсырыс беруші «Самұрық – Қазына» әл-ауқат қоры болса, оның құрылыс жұмысын «INTEGRA CONSTRUCTION KZ» ЖШС жүзеге асыруда.

Мамандардың айтуынша, құрылыс барысында 5 ірі, 87 шағын және орта масштабтағы көпір, 288 су жүргізу құбыры, 14 автожол өткелі, сондай-ақ, энергетика және байланыс нысанын салу жоспарланған. Құрылыс 2025 жылдың 4 тоқсанында аяқталады. Жоба қолданысқа берілгенде қазақстандық теміржол тасымалының қуатын арттырумен бірге «Қазақстан теміржолы жүк тасымалы» АҚ Алматы бөлімшесінің Достық жүк тасымалы стансысының жұмысы да қыза түседі.

– Достық жүк тасымал стансысы 1991 жылы ашылды. Бүгінде Қытай мен Еуропа арасындағы контейнерлік ағынның 70 пайызы Достық стансысы арқылы өтеді. Жүктің көп бөлігін «Достық Транс терминалы» контейнерлік алаңы қабылдайды. Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру – елдің стратегиялық міндеттерінің бірі және біз оны мүмкіндігінше іске асыру үшін бар күшімізді салып жатырмыз. Өткен жылғы жүк тасымалы осыған дейінгі рекордтық деңгейге жетіп, 23 миллион 120 мың тонна жүк қабылданып, өңделіп, жөнелтілді. Жүктің негізгі бағыттары: Қытай – Еуропа – Қытай, Қытай – Орталық Азия елдері, Қытай – Ресей елін қамтиды. Жыл басында биыл 26 миллион 800 тонна жүк тасымалданады деп жоспарланған. Қазір 15 миллион тоннаға жуық жүк тасымалданды. Мұның ішінде Қазақстаннан Қытай тарапына 10 миллион 700 мың тонна жүк тапсырылса, Қытай жақтан 4 миллион 335 мың тонна жүк қабылданды. Ал 8 айдағы жүк тасымалы өткен жылдың ұқсас мезгілімен салыстырғанда 119 пайызға артық орындалды. Бүгін де Достық транс терминалы 13 контейнерлік пойызды құруға және жөнелтуге қауқарлы. Онда 600-ден астам адам жұмыс атқарады. Осы жылдың 4 тоқсанында жүк тасымалының транзиттік әлеуетін арттыру бағытында еуростандартқа сай терминал ашылмақ. Инфрақұрылымын дамыту мақсатында үлкен саябақ салу жоспарда тұр. Сондай-ақ, Қазақстан мен Қытай тарапы жүк өткізу бекетінің мүмкіндігін кеңейтуге байланысты жаңа келісімдер жүргізуде. Ол келісім жүзеге асса жұмысымызға серпін берері анық. Енді Достық – Мойынты теміржол учаскесінің екінші жолының салынуы теміржолдағы жүк тасымалының жылдам әрі заманауи стандартқа сай жұмыс жүргізуіне ықпал етеді, – дейді Достық жүк тасымалы стансысының басшысы Мақсат Мәмбеткұлов.

Демек, Достық – Мойынты теміржол учаскесінің екінші жолы Жетісу облысы аумағында биыл жаз айында басталды. Жыл соңына дейін Достықтан Сайқан стансысына дейінгі 4 телімде теміржол төсеу жоспарланған. Қазір Достық–Ақши телімінде жұмыс қарқынды жүріп жатқанын көрдік:

– Достық пен Мойынтыға дейінгі әр телімде жұмыс қызу жүріп жатыр. Жетісу өңіріндегі теміржолды салу міндеті «INTEGRA CONSTRUCTION KZ» ЖШС-нің оңтүстік дирекциясына тапсырылған. Қазір Ақши стансысы аумағындағы кірме жолдарды тазалау, жол салынатын жерді тегістеу мен тас төгу жұмысын атқарудамыз. Осы телімде 120-ға жуық адам жұмыс атқаруда. Теміржол құрылысын жүргізуге қажетті жеңіл және ауыр техника толық жабдықталған. Биылғы жоспарды жыл соңына дейін толық орындаймыз, – дейді «INTEGRA CONSTRUCTION KZ» ЖШС оңтүстік дирекциясы директорының орынбасары Орынбасар Құлпейісов.

Бұл телімдегі жұмысшылардың бір тобы кірме жолдарды бұрындары төселген рельстен тазалап жатса, енді бір бөлігі теміржол төселетін жерге тас төгіп, тағы бір топ техникасымен оны жаймалап, шыңдап, қарбалас жұмыс жүріп жатыр. Құрылыс жұмысына жергілікті тұрғындар тартылыпты. Олардың айлық табысы да жақсы. Ертеңгі күні ел әлеуетін өсіруге жұмыс атқаратын жаңа жоба бүгінде жергілікті жұрттың әл-ауқатын арттырып жатқанын көрдік.

Алакөл ауданы

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

Ұлттық құндылық бастауы

Әр тасына кие қонған қасиетті Күреңбел мекені тағы бір түрленді. Бауырына талай мықтыны басып, қыран құстай баптап, өнер көкжиегіне қанаттандырған Кербұлақ ауданында «Жұмақ өлке – Жетісу» атты Мәдениет күндері мерекесі өтті. Орталық алаңда ұйымдастырылған мәдени шараға халық көп жиналды. Сол күні олардың көңіл-күйі көтеріліп, бір-бірімен құшақ жая қауышты.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Айшықты мерекеге жиналған үлкен-кіші алдымен арнайы ұйымдастырылған көрмені тамашалады. Онда өңірге қарасты ауыл-аймақ тұрғындары өздерінде бар жақсы дүниелерін көрсетіп, таң-тамаша етті. Сөрелерге тағам түрлері де қойылып, әртүрлі заттар назарға ұсынылды. Мәселен, көрмеде аудандық кітапхананың кітаптары, Алтынемел ұлттық табиғи паркінде мекен ететін аң-құстардың сұлбасы, Айғайқұмның кереметі, қазақ, чешен, украин халықтарының ұлттық өнерлері, киімдері, тағам және нан түрлері, басқа да дүниелері көрсетіліп, Талдыбұлақ ауылының өнерпаздары ән-биден шашу шашты. Қолөнер бұйымдары мен құрақ көрпелер де көз жауын алып, көпшілікті өзіне қаратты.

Мәдени шара кезінде бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылып, жұмыс іздеушілерді мәре-сәре етті. «Мансап» орталығының бөлім жетекшісі Анар Құдайберген «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында аудандық қорғаныс істері, білім, электростансы бөлімдері, мектеп, балабақша, сатушы, кәсіпкерлік саласы мен пошта-байланыс торабы, «Күреңбел су» мекемесі, тағы басқалары бойынша әртүрлі жұмыс орындарының ұсынылып отырғанын айтты.

Шара барысында ел мақтанышы болар ұлы тұлғалардың есімдері де аталып өтті. Мәселен, биыл ғибратқа толы өнегелі өмір жолын келер ұрпаққа мұра қылып қалдырған, өжет батырлығымен, от ауызды, орақ тілді сөзімен көзінің тірісінде-ақ Қабан ақын атанған Қабылиса жыраудың 290 жылдығы, айтыс өнерінің ақиығы, өлең сөздің саңлағы Сара Тастанбеккызының 170 жылдығы, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға Темірбек Жүргеновтің 120 жылдығы, Халық әртісі Мұқан Төлебаевтың 110 жылдығы, Қазақ Республикасының халық әртісі, Бикен Римованың 100 жылдығы, сондай-ақ, журналист, жазушы, қазақ әдебиетіне шытырман оқиғалы детектив жанрын алып келген қарымды қаламгер, қазақ детективінің атасы Кемел Тоқаевтың 100 жылдығының кең көлемде тойланып жатқаны айтылды.

Мереке қонақтарын аудан әкімі Қанат Есболатов құттықтап, жүрекжарды ақ лебізін арнады.

– Мәдениет – халықтың ең үлкен қазынасы, ұлттың рухани болмысы, салт-дәстүрлерінің сан ғасырлық жиынтығы. Ұлттық құндылықтың бастауы – мәдениетте. Әр халықтың рухани байлығы, салт-дәстүрлері осы мәдениет деген асыл ұғыммен астасып жатыр. Киелі Кербұлақ жері тарихтың куәсі болған, атадан қалған мәдениетті сарқытындай сақтаған киелі мекен. Ән мен жыры жарасқан Күреңбел өңірі көптеген өнер иелерінің қасиетті мекені. Талай тарихқа куә болған бұл өлкеде небір күміскөмей әншілер мен дүлділ күйшілер өтті, – деді ол.

Мерекеге сай безендірілген үлкен сахна төрінде өнерпаздар би билеп, домбырамен күмбірлете күй шертті. Бұлбұл үнді, күміскөмей әншілер өнерлерін ортаға салып, тұрғындарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Кербұлақ ауданы

ФОРУМ

Ұлға ұлағат әкеден

Талдықорғандағы облыстық филармонияда әкелер форумы өтті. Қалалық ішкі саясат бөлімі мен «Еркін» өнер академиясының мұрындық болуымен өткен шараның мақсаты – қоғамдағы әкелер рөлін нығайту, отбасы құндылықтарын насихаттау.

Жиында сөз алған Қазақстанның Құрметті журналисі Жұмахмет Жайлаубаев:

– Бұрындары ауылда үлкендер бүлдіршіндерден міндетті түрде «Кімнің баласысың?» деп сұрайтын. Біз әкеміздің атын айтамыз. Қариялар «Жақсы адамның баласы екенсің ғой» дейтін. Осы сөзді естігенде әкеміз тракторист болса да бір марқайып қаламыз. Ал қазір, керісінше, баласының көзінше әкесін даттап жатқан адамдарды жиі кездестіреміз, – деп бұрындағы әкенің рөлін бүгінгі күнмен салыстыра біраз ой толғады.

Осыдан кейін психолог, теолог Қанат Маратұлы әке – шаңырақ тірегі екенін айтып, отбасы құндылықтары туралы тұшымды, ой түйетін ақыл-кеңестерін ортаға салды.

Шара соңында әр сала бойынша «Үлгілі әке» атанған 10 азамат марапатталды.

Айдар НАЗАРҰЛЫ

Текелі – татулық мекені

Жетісу өңірінің әр аудан, қаласында «Жер жаннаты – Жетісу» атты Мәдениет күндері өткізіліп жатқанын, көзі қарақты оқырман, өздеріңіз де оқып, біліп жүргендеріңізге кәміл сенемін. Аталған шара бұл жолы Текелі қаласында өтті.



Медет ЖҰМАБАЙ

Арқа-жарқа әңгіме, шат-шадыман көңіл-күйдің көрінісі жүректің қылын шерткендей. Ақшаңқан киіз үй, қазақ тұрмыс салтындағы ою-өрнекті киім киген бір қауым елді көргенде құдды бір осыдан бірнеше ғасыр артқа шегініп кетіп тірлік кешіп жатқан жұрттың арасында жүргендей әсерге бөленесің. Мұндағы елдің салты да, дәстүрі де қаз-қалпында тұрғандай көрінеді. Сән-салтанатымен ат үстінде отырған бүркітшінің ерткен тазысы, қолындағы құсы көптің көңілін бауырады. Шаңқылдаған бүркіт үні азаттығымызды айқындап, жиналған жұрттың кеудесіндегі жұмыр етті бір бүлк еткізгенін аңғару қиын болмады. Атакәсіппен айналысып жүрген жаңа текеліліктер мен қала қонақтарының назары айрықша ауды. Олар бүркіт пен ителгінің аспанда айнала ұшып, иесіне қалай бағынатынын тамашалады.

Халық көңілінен шыққан бүркітші Бүркітбай Файзоллаұлы 50 жылдан бері құсбегілікпен айналысып келеді. Атакәсіпті дәріптеп, баба жолын жалғаушылардың бірі де бірегейі. Балалары мен немере-шөберелері де ата ізіне ерген құсбегі.

Мереке аясында Бүркітбай ақсақал көпшілікті саятшылықтың қыр-сырымен таныстырды. Құс баптаудың жолдарын көрсетті. Бүркіт жабдықтарының қалай жасалып, қалай қолданылатынынан ақпар берді.

Айтатын жайт, қазақүйде қонаққа ет тартудың жол-жоралғысы көрсетілді. Мұның да өз мән-мазмұны бар. Үлкендер жағы жас буынның бұл тұста зерделеп, көкейлеріне тоқып алатыны көп екенін тілге тиек етті.

Мұндағы ағайын қолөнер көрмесін ел алдында паш етті. Онда сырға, жүзік, білезік, тағы да басқа тұрмыстық бұйымдар жиынтығын жұрт алдына ұсынып, шеберлер қолма-қол адамдардың сұранысына сай қажетті дүниелерін жасап беруімен ерекшеленді. Сонымен қатар, тоқыма шеберлері әртүрлі заттар тоқыса, суретшілер пейзаж жанрында суреттерін салды.

Салтанатты жиын қонақтары мұндағы ағайынның ауызбіршілігінің, татулық туының бекем орнағанының куәсі болды. Текелі қаласында тұратын орыс, татар, кәріс сынды өзге ұлт өкілдерінің әнін тыңдап, билеріне бас бармақпен баға берді. Ұлттық тағамдарынан ауыз тиді.

Текелі нағыз туристік мекен. Талдықорғаннан 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Қазақстандағы ең ұзын көше де осы қалада. Ол Д. Қонаев көшесі, ұзындығы шамамен 38 шақырым. Бұл жерде «Бозторғай», «Абай жолы», «Инелік», «Лотерея», «Секер» фильмдері түсірілген.

Мұндағы жастар бұл күні күресіп, асық атып, тоғызқұмалақ ойнап, өзара бәсекеге түсті. Жеңімпаздар құр алақан қайтпады. Оларға Алғыс хат, сыйлықтар табысталды.

Шара соңы концерттік бағдарламамен жалғасты. Өнерпаздар «Қаратал – Жетісудың інжу-маржаны» атты көрініс қойды. Ақындар өлең оқыды. Мерекелік шарада Кенен Әзірбаевтің әні шырқалды.

Туған елді, туған жерді көркейтуге үлес қосу – әркімнің борышы. Ал Текелі халқы өздерінің шүбәсіз сол жолда келе жатқандарына иланады. Мына қисапсыз берілген табиғаттың сұлулығы оларды шаттықта өмір сүруге құштарландыратыны анық.

ҚОҒАМ

Жайма саудаға жол жоқ

Талдықорғанның орталығындағы көшеде жайма саудамен айналысатындардың полиция тарапынан қысым көріп жатқандығы туралы бейнеүзіктер әлеуметтік желілерді кезіп жүр.

Сол бейнеүзікте саудагерлер қала басшысымен кездесуді сұраған. Осыған орай қала әкімі Ернат Бәзіл Ардагерлер үйінде 50 саудагермен жолықты. Олардың бәрі көшеде заңсыз саудамен айналысқан.

Кездесуде «Көк базарда» көше саудасын орналастыру, сауда үйлеріндегі сауда нүктелерін жалдау ақысының қымбаттығы, заңсыз көше саудасы өкілдерінің әлеуметтік мәселесі сөз болды. Жиын нәтижесінде саудагерлер белгіленген жерлерде уақытша сауда жасауға рұқсат алды. Оларға жол жиегіне шықпау, автотұрақ орындарына кедергі келтірмеу, тазалық пен тәртіпті сақтау сынды шектеу қойылды.

Қала әкімі жиналғандарға сауда үйлеріне немесе арнайы базарларға көшу мүмкіндігін бере отырып, заңсыз көше саудасына кезеңкезеңімен шектеу болатындығын ескертті.

Қали АСҚАР

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖОЛДАУ – ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ



СҰРАУЫ БАР СУДЫҢ ДА

● Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Жаңа Қазақстанның экономикалық бағдары» атты биылғы Жолдауы көпшіліктің көкейінде жүрген түйткілді мәселелердің түйінін тарқатып, көкейкесті тақырыптарды тиімді жолмен шешудің тәртібін түсіндіріп берді. Алдымен елімізде атқарылған игілікті істерге тоқталып, өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне тікелей әсер ететін ұстаздар қауымына жасалған мүмкіндіктерді саралап берген Мемлекет басшысы Орта Азияның кіндігінде орналасқан Қазақстан Республикасының транзиттік мүмкіндігін тиімді пайдалану қажеттігін назарға алды. Одан соң еліміздің экономикалық дамуына қажетті салаларға нақты ұсыныстармен тоқталған Президент халықтың қажетіне жарайтын бағыттардың жұмысын жандандыру керектігін ұғындырды.

Жолдауда: *«Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды»,* – деген Мемлекет басшысы елдің игілігі үшін көптеген жұмыстар атқарылып жатқанын түсіндіріп өтті.

Иә, өз ісін дөңгелентуді көздеген адамға соқырға таяқ ұстатқандай әсер қалдырған Жолдаудың өне бойында шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан көрсетілер қолдау мен көмек толастамайтыны айқын айтылды. Әрбір әкімшілік кедергі және құқық қорғау органдары тарапынан жасалар астыртын қысымнан хабары бар екенін жеткізген Қасым-Жомарт Кемелұлы бірнеше аса маңызды бағытты дамытудың жолдарын көрсетті. Атап айтқанда, металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сынды отандық өнеркәсіпті дамыту, кең-байтақ еліміздегі шын мен құзды, көл мен өзенді, құм мен даланы әлем жұртшылығына паш ететін туристік маршруттарды жасау, отандық шағын және орта кәсіпкерлікке серпін беретін мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру, ата-бабамыздан мұраға қалған Ұлы Даланы көздің қарашығындай сақтауға керекті қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту, Қарулы Күштерді жоғары технологиялы қаружарақпен және әскери техникамен, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен, қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықтау, төрт түлік пен егістікке жанашырлықпен қарауы тиіс ауылшаруашылық саласының өнімін ұлғайту, ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты аса маңызды бағыттар назардан тыс қалмады. Соның ішінде ауылшаруашылық саласына баса назар аударткан Президент: *«Егін шаруашылығында маңызды реформа жасайтын кез келді. Егіс түрлерін көбейтуіміз керек. Сондай-ақ, көбірек пайда әкелетін дақылдар еккен жөн. Суды көп қажет ететін егіс алқабын біртіндеп азайтып, бір ғана дақыл түрін егуді шектеу қажет. Диқандарды жергілікті тұқыммен қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар, жаңа сұрыптарды шығарып, оны өсіру мәселесін шешкен жөн»,* – деп мәселенің аса өзекті екендігін ұғындырды.

Шынында алдағы уақытта су мәселесі әлемде күрделене беретіні анық. Сол себепті су үнемдеу бүгінгі күннің тәртібінен түспеуі керек деп білемін. Ол үшін тамшылатып суару жүйесін дамытуымыз қажет. Осы бағытта қазір Жетісу облысында бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр. Кербұлақ ауданының Жоламан массивіне себілген астыққа ауыспалы тамшылатып суару технологиясы қолданылып келеді. Кең-байтақ жеріміздің барлық өңіріне су бармайтыны анық. Алайда оны технологиямен жеткізуге ешкім кедергі келтірмейді. Сондықтан диқандар соңғы жылдардың жетістігін молынан пайдалануы тиіс. Қазір, тіпті, егістікке қажетті тыңайтқышты дронмен шашуға болады. Сондықтан мол суды арық жетпейтін жерлерге жаңбырлатып жеткізудің жолын табу аса қиын емес.

Тағы бір айта кететін нәрсе, қазір шаруашылықтар дәнді дақылдардың тұқымын шетелден алдыратын болып жүр. Бірақ оның жергілікті егістікке жерсініп кетуі қиын. Сол себепті отандық астық тұқымын кеңінен тарату керек-ақ. Әйтпесе, жерсінбеген тұқымнан өнім ала алмаған шаруа қожалығы шығынды біркісідей тартады. Ондайды болдырмау үшін егістікке қажетті шаралар жүйеленіп, ғылыми тұрғыдан сараланауы тиіс деп білемін. Сонда ғана еліміздің агроөнеркәсіп саласы жаңа деңгейге көтеріледі.

Ойдан ой туады деген осы. Президент Жолдауында көтерілген мәселелердің әрқайсысы осындай өзекті тақырыптарға арқау боларына сенім мол. Себебі, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін назарда ұстап отырған Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді өркендетудің жолдарын жетік білетіні анық. Сол жолдардың сұлбасын біздің талқылауымызға, талдауымызға ұсынып, нәтиже шығаруды ұғындырған Мемлекет басшысы баламалы қуат көздерін өндірудің тиімділігіне бүгінгі әлем назар салып отырғанын жеткізеді. Сол арқылы атом электрстансысын салуды бүкіл халықтық референдум арқылы шешу керектігін ұсынады. Шынында мемлекеттің бір мүшесі ретінде шалғайдағы ауыл тұрғынының да өзекті мәселелерге дауыс беруі азаматтық борыш іспетті. Әйтпесе, болашағына алаңдай білетін елдің наразылығы туындауы мүмкін. Міне, осыны ескерген Президент халықтық референдум міндетті түрде өтетінін жеткізді.

Расында Жаратқан Алланың қолдауымен кең-байтақ жерге иелік етіп қалған батыр бабаларымыздың өзінен кейінгі ұрпақтың келешегі үшін еңбектеніп кеткенін осы күні ұғынып жатырмыз. Менделеев кестесінде жазылған барлық металл шығатын Қазақстан Республикасы әлемде уран өндірісінен алдыңғы орында тұр. Оны өндіріске салу, яғни, атом электрстансысы арқылы таусылмас қуат көзін алуға болады. Осыны дұрыс ұғынған жан бастаманың негізсіз еместігін түсінеді. Қазіргідей әлем жұртшылығы баламалы уақыт көзін іздеген тұста елімізде атом электрстансының салынуы ең алдымен қажеттіліктен туындап отыр. Сондықтан тиімді бір шешімге апаратын референдумнан жақсы нәтиже күтеміз.

Сөзінің түйінінде елімізді өркендету азаматтардың басты борышы екендігін ұғындырған Президент: *«Әрине, даму жолымыз әрдайым тегіс, даңғыл болмайды. Ешкім де сырттан келіп, Қазақстанды көркейтіп жібермейді. Ол үшін еліміздің әрбір азаматы заман талабына сай болуға тиіс. Жалпы, халқымыз осындай дағдарыс кезінде біртұтас болуы керек. Басқа жол жоқ»,* – деп отаншылдық, мемлекетшілдік, ұлтшылдық мүддеге баршамыз жұдырықтай жұмыла білуіміз керектігін ерекше атап өтті. Ендеше, қиындықты біркісідей жұмылып еңсеретін уақыт келді. Содан тыс қалмайық, ағайын!

Қайрат КЕРЕЕВ,
облыстық мәслихат депутаты

САЙЛАУ – 2023



Саяси жаңғыру айғағы

● Қазақстан демократиялық үдерістің даңғылына түсті. Мұны күнделікті тұрмыстан аңғару қиын емес. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың бастамасымен қалыптасқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы соның айғағы. Қазақта «Халық қаласа хан түйесін сояды» деген бар. Халықтың, қоғамның талабына сай түрленіп жатқан саяси жүйенің бүгінгі көрінісі сол демократияның даңғылына баспалдақ.

Кейінгі уақытта Президент тапсырмасына байланысты сайлау жүйесіне көптеген жаңашылдық енді. Кез келген саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру. Бұл бағытта атқарылған жұмыс аз емес. Мәселен, бейбіт шерулерді ұйымдастыру тәртібін өзгертіп, бұрынғы рұқсат алу қағидатын хабардар ету қағидатына ауыстыру, саяси партияларды тіркеу үшін оның мүшелерінің саны жөніндегі талапты 40 мыңнан 20 мың адамға азайту, сайлау кезіндегі партиялық тізімде әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота қарастыру, парламенттік оппозиция институтын енгізу секілді бастамалар сайлау институтын одан әрі дамытты.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев дәстүрлі Жолдауларында еліміздің сайлау жүйесін жетілдіруді тапсырған болатын. Осы саяси реформа аясында бірер жыл бұрын ауыл әкімдерін тікелей сайлау механизмі іске қосылды. Азғантай уақыт аралығында «тоғызыншы территорияның» көптеген елді мекенінде баламалы негізде сайланған жаңа әкімдер жауапты қызметіне кірісті. Алдағы уақытта бұл демократиялық үрдіс қисынды жалғасын таппақ. Ендігі қадам – аудан әкімдерін сайлау болмақ.

Пилоттық жоба ретінде Жетісу өңірінде екі ауданның әкімі сайланбақ. Осы аудандардың жұртшылығы саяси науқанда белсенділік танытады деген ойдамыз. Өйткені, бұл саяси үдерістер халық талабына сай жүзеге асуда. Бастысы, жаңашылдық мемлекетіміздің дамуына оң септігін тигізеді. Оған кәміл сенімдімін!

Еркебұлан АҚБОЛАТОВ,
облыстық мәслихат депутаты

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ



Көл бойындағы көңілді күй

● Ежелгі Жібек жолының бір тармағы Алакөлдің бойын сағалап керуен тартты. Бүгінде сол мәдениеттің жібін жалғаған жұрттың еңсесі биік. Олар жаңа тарихтың өміршең парақтарын жазуда. Мұны өткен жұмада Алакөл ауданының орталығы Үшарал қаласындағы «Сымбат» орталық стадионында өткен «Жер жаннаты – Жетісу» атты мәдениет күндері аясында ұйымдастырылған мәдени шарада байқадық.

Қажет АНДАС

Мәдениет, ең алдымен, елге, содан кейін болашаққа қызмет етеді. Осы тұрғыдан келгенде бұл жолғы Мәдениет күнінің бірқатар көңіл толқытар жаңалығымен есте қалғаны анық. Әсіресе, Алакөл жерінде ұлттық дәстүрді дамыту, өнер мен мәдениеттің өмірмен өзектестігін бағамдау, өнерді өнеге тұтқан елдің рухани дүниесін байытуға бағытталған жұмыстардың мықты қолға алынғанын көрдік.

Мәдениет күнін тамашалауға жиналған көпшілікті аудан әкімі Алмас Абдинов: – «Мәдениет пен өнер – қоғамның айнасы, бет-бейнесі. Өнерсіз ел болмаса, өрге шығу оңай емес. Мәдениеті жоғары, тарихы танымды, ойы сергек елдің рухы қашанда биік. Ендеше, мәдени мұрамызды көздің қарашығындай сақтап, мәдениет саласын дамытуға атсалысу жауапты міндетіміз», – дей келе ауданның мәдени өміріне шолу жасап, өңірден шыққан танымал тұлғаларды атап шықты.

Жалпы, Алакөл атырабы қазақ халқын ел басына күн туғанда ашаршылықтан қорғаса, одан кейін де ел-жұрттың өзегін талдырған емес. Алакөлдің суы мен жағасындағы балшығы сан түрлі аурудың емі, балығының өзі республикаға танымал. Тағы бір жағынан Алакөл ауданының табиғаты да демалыстың түр-түрін ұйымдастыруға қолайлы. Мұнда келген адамдар таулы өлкенің табиғатын тамашалап, дала көркемдігімен жақынырақ таныса алады. Бүгінгі таңда ауданның осы бір тамаша экономикалық мүмкіндігінің тынысы ашылып, мазмұны толысып, жаңа табыстарға қол жеткізіп келеді. Осы мүмкіндік өңірдің мәдениеті мен өнерін өркендетуге де ықпал етуде. Мұны да Мәдениет күндері аясында ұйымдастырылған мағыналы шаралардан тағы бір мәрте аңғардық.

Көпшіліктің көңілін желпіндірген мереке барысында Алакөл ауданының тумасы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Сәкен Иманасовтың 85 жылдық мерейтойына арналған кітап көрмесі оқырман қауымның ынтызарлығын арттырса, сурет және қолөнер шеберлерінің туындылары көрген жанның көңіл көкжиегін кеңейтті. Славян және «Ляйсан» татар этномәдени орталығының шатырларында береке мен бірліктің, ынтымақ пен теңдіктің айшықты көрінісі өрнек тапқан. Сондай-ақ, Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейі мен Лепсі тарихи музейінің экспонаттары тұрғындардың тарихқа деген тағзымын еселеп, ата-бабаларымыздың асыл қасиетіне деген құштарлықты оятты.

Баршаның көңілінен шыққан мәйекті шара аудан көркемөнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты. Мұнда тарихтан сыр шертетін қойылымдар көрсетіліп, өткенімізді жаңғыртты. Мың бұралған би, әуелеген ән, күмбірлеген күй төгілген мерекелік шара жастардың би кешіне ұласып, түннің бір уағына дейін жалғасты.

Алакөл ауданы

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

Саялы Сарқанды саз тербеді



● Сарқан ауданының Мәдениет күні ерекше салтанатпен аталып өтті. Жетісу өңірінің өнерін өрістетіп, тарихи-мәдени мұраларын көпшілікке насихаттап, ұлттардың ынтымағы мен келісімін паш ететін, рухани жетістігі мен жемісін көрсетуге кеңінен жол ашатын аудан күндері биыл «Жер жаннаты – Жетісу» атты тақырыпта ұйымдастырылды.

Сарқан ауданының құнарлы топырағынан өнер тарландарының көптеп шыққаны қалың елге аян. Сарқан жұртшылығы ауданның атын шартарапқа жайған өнер тарландарымен мақтанады. Өткен ғасырдың бел ортасында қазақ опера өнерінің негізін қалаған Кеңестер одағының Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұқан Төлебаевтің туғанына биыл 110 жыл толды. Дара дарынның өнердегі ізгі жолын жалғастырған Қазақстанның Еңбек Ері Еркеғали Рахмадиев, қазақ өнерінің қайталанбас тұлғалары Құман Тастанбеков, Бекен Жылысбаев, Күнсайын Қуатбаев, Кеңес Бақтаев, Әлия Абылаева, Кәдірбек Демесінов, Саят Мерекеұлы, қазақ әдебиетінің бір шоғыр жұлдыздары Кәкімжан Қазыбаев, Мұхтар Арын, Әділбек Абайділданов, Жаскілең Қалиев және осы қатардан көрінетін мәдениетіміз бен әдебиетіміздің біз мақтан тұтар өкілдерінің есімдерін ауыз толтырып айтамыз.

Ауданның Мәдениет күндері Сарқан қаласының Мұхаметжан Тынышбаев атындағы орталық алаңында аудан тұрғындарының қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Мәдени шарада түрлі қолөнер бұйымдары, жергілікті суретшілердің жаңа туындылары, өзге ұлт өкілдерінің ас мәзірі мен салт-дәстүрімізді дәріптейтін көріністер, мәдени-рухани бағыттағы жетістіктер көпшілік назарына ұсынылды.

Мәдениет күндері аясында өтетін шараның халыққа берерінің мол екендігі әр жыл сайын айқындалып, айшықтана түсуде. Бұл мереке арқылы жыл өткен сайын өнеріміз бен мәдениетіміздің қандай деңгейге көтерілгені анықталып қана қоймай, халықтың рухын биіктетуге, өз еліне, жеріне деген құрметін еселей түсуге жол ашылуда. Айтулы мерекемен барша жиналған қауымды аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев құттықтап, киелі өңірден ел болып құрметтейтін біртуар азаматтардың шыққанын атап өтіп, мәдениет саласында атқарылып жатқан жұмыстардың барысына жан-жақты тоқталды.

Аудан көркемөнерпаздарының концерттік бағдарламасы өткен мен бүгінді байланыстыруымен көрермендердің көңілінен шықты. Саялы Сарқан туралы ілгері-кейінгі сазгерлер мен ақындардың тебіренісінен туған ән-өлеңдер туған жердің беректесі мен байлығын өнер тілімен асқақтатып, халқымыздың бай мұрасы мың бұралған би, әуезді ән арқылы көрініс тапты.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ

Сарқан ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖОЛДАУ – ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ



ҒЫЛЫМСЫЗ ӨНДІРІС – ТҰЛ

Бүгінгі күн білімді таған, экономиканы өзек етіп, ұлт мәдениетін бойына қан тамыр еткен, білім тұрпатты кәсіпорындар көптеп құрылған, жаһандану процесі жүріп жатқан кезең.

28 қыркүйекте ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысында Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарын айқындау мәселесі қаралды. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы 2023 жылға арналған жаһандық инновациялық индексін ғылымға, білім беру жүйесіне және инфрақұрылымға қатысты 80-ге жуық көрсеткіш негізінде анықтаған. Нәтижесінде Қазақстан Үндістан мен Ираннан кейін Орталық Азияда үздік үштікке енді. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек алдағы жылдарға арналған ғылымды дамытудың экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану, энергия, озық материалдар және көлік, озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар, елдің зияткерлік әлеуеті, өмір және денсаулық туралы ғылым, агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту сынды 6 басым бағытын әзірлеген. Әр бағыт 8-ден 18-ге дейінгі бөліктерге бөлінгенін жеткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында: «Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет. Металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек», – деп атап көрсетті.

Үкімет Жолдауда айтылған мәселені дер кезінде қолға алып, Жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысында белгіленген басымдықтар шеңберінде суды ұтымды пайдалану, топырақ сапасын сақтау, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, парниктi газ шығындарын азайту және жаңартылатын қуат көздерін дамыту мәселесіне назар аударды. Құрылыс, машина жасау, өнеркәсіп, көлік технологиялары, робототехника, жасанды интеллект, жаңа материалдар жасау, телекоммуникация, медицина, фармацевтика, мал шаруашылығы, егіншілік, ауылшаруашылығы өнімдері мен шикізатын өңдеу және сақтау, тамақ өнімдерін өңдеу, сонымен бірге, жаратылыстану саласындағы ғылымға да іргелі және қолданбалы зерттеулердің қарастырылғанын айтты. Комиссия аталған тәсілдерді мақұлдады.

Мемлекет басшысы Жолдауында: «Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Біз, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек. Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын зерттеу ісінің барлық сатысын қамтитын агротехнология хабына айналдыру керек. Білім беру бағдарламаларын ауылшаруашылығы талаптарына бейімдейміз. Егін шаруашылығында маңызды реформа жасайтын кез келді. Егіс түрлерін көбейтуіміз керек. Сондай-ақ, көбірек пайда әкелетін дақылдар еккен жөн. Суды көп қажет ететін егіс алқабын біртіндеп азайтып, бір ғана дақыл түрін егуді шектеу қажет. Сутегіден қуат өндіру ісін дамыту қажет. Қуат көздерін кеңейту ісі энергетикалық машина жасау саласында технология трансфертін жүзеге асырып, жергілікті өндірісті дамытуға, аккумулятор өнеркәсібін құруға негіз болады», – деп ерекше атап өтті.

Жолдауда айтылған мәселе ғылым-техниканың бірінші өндіргіш күш екенін аңғартады. Біз ғылымсыз ешқайда бара алмаймыз. Өндіріс пен теорияны бірлестіріп, жоғары оқу орындарының ғалымдары мен студенттерін, магистрант, докторларын ғылыми зерттеу институттары мен компания, агрохолдингтерімен тығыз жұмыс жасауға жол ашуымыз керек. Ғылым мен өндірісті ұштастыра алмасақ бәрі бекер, қарадүрсін шаруа болып, әлем елдерімен бәсекеде ұтылатынымыз анық. Ел ғалымдарын өндіріске көптеп тарту кезек күттірмейтін мәселе болуы керек. Ғалымдар тарапынан ұсынылған жобалар қағазда жазылып қалмай, іс жүзінде жүзеге асса деген тілек бар бізде. Ғылыми жобаны өндірісте жүзеге асыруды Үкімет, Ғылым және Жоғары білім министрлігі қатаң қадағалауы қажет.

Жолдауда көтерілген мәселенің бірі – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Үкімет жасанды интеллектіні дамыту үшін жүйелі әрі үздіксіз жұмыс жүргізсе, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдаланса, білім экономикасына тың серпін береміз. Білікті де білімді мамандарды даярлау ісі де жоғары деңгейде атқарылатын болады. Кемінде 3 белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласын зерттеумен, қажетті кадр даярлаумен айналысса, мұның өзі IT мемлекетке жасалған нық қадам болар еді. Жоғары оқу орындары мен түрлі мекеме ел болашағы үшін селбесе жұмыс жасауы керек.

Бизнес-инкубатор, коммерцияландыру орталығы, технопарк, құрастыру бюросы сияқты инновациялық инфрақұрылымдар құруға қатысты жеке бастамаларға сөз жүзінде емес, нақты іспен қолдау көрсететін пәрменді шаралар ауадай қажет. Шетелдің озық тәжірибесін пайдаланған жөн. Мәселен, Қытайда кандидаттық, докторлық қорғамаса да ғылымға қосып жатқан үлесі болса, ғылыми жобаларға жетекшілік етіп, ел игілігі үшін пайдалы шаруа тындырса, жұмыс өтілі жетсе доценттік, профессорлық атақ береді. Кейінгі жылдарда магистратура, PhD докторантура оқу талабы қойылды. Аталмыш елде Оқу-ағарту министрлігі сайтында жыл сайынғы жарияланған ғылыми жоба тақырыптарынан кез келген ғалым бірін таңдап, өзінің жүзеге асыру жоспарын ұсына алады. Бекітілген жоба компания, өндіріс ошақтарының қаржысымен жүзеге асады. Демек, ғылым мен өндіріс еш бөлінбей, бірлесе жүзеге асады. Бұл ғылымсыз өндірістің жоқтығын дәлелдейді. Ғалымның ғылыми жобасы соңына шығып, халыққа өз пайдасын тигізеді.

Ел Президенті ауылшаруашылық өнімдерін ең соңғы сатысына дейін өңдеуді тапсырды. Шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртараптандыруды ортаға қойды. Ол үшін ауылды дамыту, орта және шағын шаруашылықты қолдауды ескертті. Бүгінде қағазбастылықты азайту қанша дәріптелсе де нәтиже көңіл қуантпайды. Барлық шаруа электронды әрі қағаз жүзінде қосарлана жүріп жатқаны біраз қиындық туғызып жатқаны ақиқат. Ақжағалы топқа ойлау тәсілін өзгерту бағытында көптеген лекциялар оқу керек сияқты. Олар қара халықты өздерінен төмен көріп, тек бұйрық беріп, ары-бері сандалтумен отыратыны жасырын емес. Қара халық болмаса ол шенді кімге керек, негізі шенді халыққа қызмет көрсететін адам. Осы түсінікті қоғамда орнықтыруымыз шарт. Ғалым кеме капитаны сияқты барша елді жағаға алып шығады. Ғылым мен ғалымға құрмет пен материалдық қажетті жеткілікті деңгейде жасасақ, елдің дамуы да біршама алға жүретіні анық.

Білім – бірінші өндіргіш күш. Білімге мән бермеген елдің болашағы бұлдыр. Бүгінгі жас ертеңгі ел иесі, бүгінгі күн дамудың дау жүрмейтін шындық екенін дәлелдеп отыр. Даму дегеніміз – ақыл-ойдың дамуы болмақ. Ал оны тудыратын білім. Ал білім өндіріске жан бітіреді. Бүгінгі студент – ертеңгі ел иесі. Сондықтан да студенттердің ертеңгі қоғамға жарамды маман болып шығуына мықтап жол сілтеу керек. Кәсіби біліктілігін көтеретін пәндердің сағат санын молайтып, білімгерлер өндірістік тәжірибе өту үшін арнайы өндіріс ошақтарына барғаны дұрыс. Көзбен көріп, қолмен ұстап, сезініп атқарылған жұмыс әлбетте нәтиже береді. Міне, ғалым ретінде айтар оймақтай ойымыз осы. Елдің болашағы үшін алаңдаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрбір бастамасын қолдау – біздің міндетіміз. Барлық қазақстандық азаматтар бірігіп, бірлесіп еңбек етсек қана жетістікке жететінімізді ұмытпайық.

Нұрхалық АБДЫРАҚЫН,
филология ғылымдарының PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының аға оқытушысы

САЙЛАУ – 2023



Жаңа саяси қадам

Биыл елімізде аудан әкімдерінің сайлауы өтуі жаңа саяси қадамның жүзеге асқандығынан хабар береді. Жетісу облысының жұртшылығы Кербұлақ және Сарқан аудандарының әкімдерін сайлауға 5 қарашада қатыса алады.

Облыста барлығы 8 үміткер қос ауданның әкімі болуға өз кандидатурасын ұсынған. Олардың 4-і Кербұлақ ауданынан, 4-уі Сарқан ауданынан саяси додаға түсіп жатыр. Сондай-ақ, 8 кандидаттың 2-ін «AMANAT» партиясы, 2-ін «Қазақстан Халық партиясы» және 2-ін «Respublica» партиялары ұсынып отыр. Қалған 2 кандидат өзін-өзі ұсыну тәртібімен биылғы сайлауға қатысуға ниет етіпті.

Үміткерлердің орташа жасы 46,5-ке тең. Яғни, кандидаттардың ең жасы 36 жаста болса, ең үлкені 57 жаста.

Жетісу облысының барлық сайлау учаскелерінде аудан әкімінің сайлауына дайындық шаралары және үгіт-насихат жұмыстары жалғасуда.

Тимур ДӘУІТОВ,
Жетісу облыстық сайлау комиссиясының төрағасы

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

ӨТІНІШ ЖЕРДЕ ҚАЛМАЙДЫ

● Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ тұрғындармен кезекті қоғамдық қабылдау өткізіп, жұршылықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қатысты қойған сұрақтарына жауап берді. Жалпы әкім қабылдауына 12 адам кірді. Аймақ басшысына өз басындағы жағдайды айтушылардың басым бөлігі тұрғын үй мәселесін көтерді.

Айдар ҚАЛИЕВ

Қабылдауға алғаш болып кірген Панфилов ауданы, Көктал ауылының тұрғыны Ләйлә Мухаева аудандағы Абай атындағы мектепте оқитын ұлының қолынан жарақат алғандығын, оған алғашқы медициналық көмек көрсетілмегенін айтып шағымданды. Ләйлә Оқапқызы:

– Дене шынықтыру сабағында балам құлап, қолынан жарақат алды. Оны мектеп директоры да, сынып жетекшісі де білмейді. Кейін осы мәселе бойынша шағымданып едім, мектеп директоры маған барлық мұғалімдерді қарсы қойды, – дейді ана.

Бұл мәселе бойынша аймақ басшысы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына баланың денсаулығын тексеруді, керек болса қалаға алып келіп емдеуді тапсырды. Сондай-ақ, білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменовке сабақ барысында білім алушылардың қауіпсіздігін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жүктеді.

Өтенай ауылының тұрғыны, II топ мүгедегі Ерлан Шалипбаев мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй берілсе деген өтінішпен келіпті.

– Сіз үй кезегіне тұрмапсыз. Сондықтан баспананы кезексіз бере алмаймыз. Кәсіпкерлердің көмегі арқылы үй алуға болады. Бірақ оны да күту керек. Тағы бір жолы банктен үй алып береміз. Жартысын Үкімет төлейді, қалғанын өзіңіз төлейсіз. Егер осыған келіссеңіз отырып істейтін жұмыс тауып берейік. Жұмысқа орналасып алғанша алғашқы айларын өзіміз төлейміз, – деді аймақ басшысы.

Еңбек ауылының тұрғыны Сания Теңізбаева мүгедек балаларды оңалтуға бағытталған коррекциялық кабинетте кезекте тұрғандардың көптігін айтып, қосымша тағы бір кабинет ашылса деген ұсынысын жеткізді. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін жекелеген мамандардың балалар мен олардың ата-аналарына деген дөрекі қарым-қатынасына жол берілмесе дейді. Алдағы уақытта облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес білім басқармасы келесі жылға бір коррекциялық кабинет ашуға қолайлы орын қарастырмақ.

– Балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіңіздер, одан қорытынды шығармаса, тәртіптік жаза қолданыңыздар. Біз қазір инклюзивті қоғам құруға, ерекше қажеттілігі бар жандарға кедергісіз қолайлы орта қалыптастыруға жұмыс істеп жатырмыз. Ол ең алдымен сол азаматтарға деген дұрыс көзқарас пен жақсы қарым-қатынастан басталады, – деді Бейбіт Исабаев.

Ескелді ауданында тұратын кәсіпкер Қызырхан Бөрібай біраз жылдан бері аудандық әкімдік берген жер учаскесінде жылыжай шаруашылығымен айналысып келген. Бұл жер зираттың тұсында орналасқан екен. Кейін қорым маңындағы жерлердің мемлекеттік актісі жасалғанда бұл жер санитарлық қорғалатын аумаққа кіріп, сол себептен әкімдік оның орнына басқа жер ұсынған. Алайда кәсіпкер осы жерге жұмсалған шығынын әкімдіктің өтеп беруін талап етіп, сотқа шағымданған. Соттың шешімі жақын күндері шығуы тиіс. Бұл мәселеде сот шешіміне қарай әрекет жасалатын болады.

Тұрғындар денсаулық, баспана, газға қосылу, балалар футболын дамыту мәселесі бойынша туындаған сұрақтарын қойды. Сауалдардың барлығы хаттамаға енгізіліп, тиісті басқармалар мен аудан-қала басшыларына нақты тапсырма берілді.

ЖАҢА ЖОБА

● Бүгінде Жетісу облысы аумағында 32 туристік нысан бар. Шын мәнінде ауылдағылардың көбі туризм саласын өркендетіп, өздерінің мүмкіндігін пайдаланып, кәсіптен нәсіп табуға елеңдеп-ақ тұр. Бірақ ынтасы болғанымен кәсіп бастаудың қисынын таппай, тапқан күнде оның заңдық тұрғыдағы талаптарын білмей сан соғып жүргендер көп.

ЫНТА БАР, ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Қажет АҢДАС

Әлеуметтің осындай түйткілді мәселелеріне жол көрсетіп, олардың әлеуетін көтеру мақсатында «Жасыл ниеттестік» қоғамдық бірлестігі туристік нысандарға жақын орналасқан елді мекен тұрғындарын туризм саласын өркендету аясындағы бизнеске тарту және туристік нысандардың экологиялық ахуалын сақтау барысындағы заңдық талаптарды түсіндіру мақсатында елді мекендерді аралап семинар өткізіп, тренинг ұйымдастырып жүр. Олар осы арқылы азаматтық қоғам мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты қалыптастыруды көздейді.

Осындай шара алғашында Талдықорған қаласындағы сенбіліктен басталып, жоғары және арнайы оқу орны студенттері арасындағы танымдық шаралармен жалғасқан еді. Кейіннен Ақсу ауданының Қапал ауылында өткен семинарға көршілес орналасқан Арасан, Суықсай, Көшкентал ауылдарының тұрғындары қатысты. Себебі, Қапал тарих пен табиғаттың таңғажайыбына бай өңір. Тамшыбұлақ табиғи су көзінен тартып, жартас бетіндегі ғаламат суреттер мен таңбалар, Шеңбер тас (Қалақай) обсерваториясы, тасқа қашалған тоғызқұмалақ тақтасы, тау туризмін дамытуға қолайлы таулы аймақ, тарихи тұлғалар жерленген кесенелер, Қапал ауылындағы тарихи үйлер, тағысын тағылар еліміздің және шетелдік туристердің қызығушылығын тудыратыны анық. Бірақ ауылдың бағын асырып, экономикалық табыс әкелетін, мүмкіндігін өркендететін әрекет көрініп тұрған жоқ.

– Қапал өңіріндегі бір ғана Тамшыбұлаққа келіп, емделіп қайтуды армандайтын адамдар көп. Өкінішке қарай, бұл жерде туристерді қызықтыратын немесе оның көңілді демалысына жағдай жасайтын инфрақұрылым жоқтың қасы. Сондықтан адамдар Тамшыбұлаққа келіп, суын ішіп, суретке түсіп қана қайтып жатады. Егер оның маңында қонақүй, дәмхана, дәретхана, кәдесыйлар сататын дүңгіршектер, көлік тұрағы, сондай-ақ, туристерді басқа да нысандарға апарып қыдыртатын туристік маршруттар орналасса, апталап жататындар көбейетін еді. Сол маңдағы тұрғындар атын сағаттап жалдап, құрт-майы мен ірімшігін, сүтті шайын сатып, қосымша табыс табатын еді. Мұндай жағдай Тамшыбұлақ қана емес, басқа туристік нысандардың барлығына тән. Біздің мақсат – туристік нысандардың маңындағы ауыл тұрғындарын заңдық талаптармен таныстыру және жұмыс істегісі келетін, бірақ жолын таппай жүрген азаматтарға кеңес беру, – дейді жоба жетекшісі Әлия Ахмедиева.

Семинар барысында туристік нысандарда жұмыс көзін ашуға қатысты тәжірибелерден бөлек сол нысандардың экологиялық тазалығын сақтау жолдары да түсіндірілді. Несін жасырайық, шипалы бұлақ көзіне барсаң, жартастағы суреттерді тамашаласаң, тарихи тұлғалардың кесенесіне тәу етсең де айналада толып жатқан қоқысты көресің. Ауыл әкімдігі, тұрғындар тарапынан қоқысты жинау жұмысы ұйымдастырылып тұрғанымен ақысыз жұмысқа кімнің ынтасы болсын?! Сондықтан туристік нысандардың тазалығын қадағалайтын арнайы құрылымдар жұмыс істеуі керек. Экологиялық жағдайды қиындатқан әрекеттерді жазалауды қарастырған жөн. Жазалау туралы ескертуді тақтайшаларға іліп, жарнамалап қою керек.

Семинарға қатысқан 100-ге жуық ауыл тұрғыны туризм саласын өркендетуге қатысты жобажоспарларын, сол жолда кездесетін кедергілерді жасырмай айтты.

– Туризмді дамыту үшін талай жобамызды алып, ауыл әкімдігіне кірдік. Нақты қолдау болса жүзеге асыруға мүмкіндігіміз де, шамамыз да жеткілікті, – дейді Қапал ауылының тұрғыны Бақытгүл Ырысақын.

Жоба авторлары барлық ұсыныстарды зерделеп, тиісті ұйымдар мен мемлекеттік органдарға жолдап, нақты жауабын алып беруге уәде етіп қайтты.

Қапал ауылы
Ақсу ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ҚАУІПСІЗДІК



Карантинге жатқызылған өнімдер тасымалы ҚАТАҢ БАҚЫЛАНАДЫ

Бұл бұйрық ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінде өмірлік жағдайлар және заңдық фактілердің тізбесі мен іс-әрекеттер алгоритмін айқындайды. Осыған орай бірінші кезекте карантинге жатқызылған өнімді елден тыс жерлерге әкету үшін өтінішті қалай беруге болатынын мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі жайында айта кетпекпіз.

Карантинге жатқызылған өнімді басқа елдерге әкету үшін фитосанитарлық сертификат алу керек. Ол үшін жеке немесе заңды тұлғалар өтініш жазады. Өтініштер ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық бөлімшесінің кеңсесі, www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы қабылданады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – өтініш берген сәттен бастап, сондай-ақ, порталға жүгінген кезде 2 жұмыс күні. Қызмет көрсетушіге, мемлекеттік корпорацияға өтініш тапсырылатын датаға дейін 7 күннен аспайтын мерзімде берілген, шетке шығарылатыны мәлімделген карантинге жатқызылған өнімдер партиясы жай-күйінің апарылатын елдегі карантиндік фитосанитарлық талаптарға сәйкестігін бекітетін карантиндік фитосанитарлық сараптама қоса тіркелген өтініш берілген сәттен бастап, сонымен бірге портал арқылы жүгінгенде 5 (бес) жұмыс сағаты ішінде орындалады.

Сондай-ақ, қызмет көрсетушіге, мемлекеттік корпорацияға өтініш тапсырылатын датаға дейін 7 күннен аспайтын мерзімде берілген, шетке шығарылатыны мәлімделген карантинге жатқызылған жеміс-жидек, көкөніс, бақша дақылдары сияқты тез бұзылатын өнімдердің мәлімделген партиясының жай-күйі жеткізілетін елдің карантиндік фитосанитарлық талаптарына сәйкестігін растайтын карантиндік фитосанитарлық сараптама қорытындысы қоса тіркелген өтініш берілген сәттен бастап, сондай-ақ, порталға жүгінген кезде 3 жұмыс сағаты ішінде орындалады.

Дегенмен, карантинге жатқызылған жекелеген өнім түрлерін сыртқа шығаруға тыйым салынатын да естен шығармаған абзал. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы «Ағаш материалдарының жекелеген түрлерін әкетуді реттеудің кейбір мәселелері туралы» № 690 бұйрығының 1-тармағына сәйкес ЕЭО сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды 4406910000 болатын «Шәруге қарсы сұйықтық сіңіріле отырып, теміржол немесе трамвай жолдарына арналып, қылқанжапырақты ағаш тұқымдардан жасалған шпалдар» кодын қоспағанда, шығарылған еліне қарамастан, ҚР аумағынан ағаш материалдарының жекелеген түрлерін (ЕЭО Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды 4401, 4403, 4404, 4406 және 4407) сырт елдерге әкетуге 6 ай мерзімге тыйым салынады.

Карантинге жатқызылған өнімдерді ел аумағына әкелу, сыртқа әкету кезінде мына нормативтік-құқықтық актілер басшылыққа алынады. Олардың қатарында Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 «ЕЭО өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету туралы» шешімі, Еуразиялық-экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 157 «ЕЭО кедендік шегарасындағы және кедендік аумағындағы карантинге жатқызылған өнімдер мен карантинге жатқызылған объектілерге қойылатын бірыңғай карантиндік фитосанитарлық талаптарды бекіту туралы» шешімі, ҚР 1999 жылғы 11 ақпандағы «Өсімдіктер карантині туралы» Заңы, ҚР Ауылшаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 «ҚР аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» бұйрығы бар.

Сонымен бірге карантинге жатқызылған өнімдерді импорттау кезінде басқа елдердің электрондық фитосанитарлық сертификаттарының біздің елде мойындалуы туралы айтар болсақ, фитосанитарлық шаралар жөніндегі «12 фитосанитарлық сертификат» халықаралық стандартына сәйкес ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің экспорттаушы елдер тарапынан карантинге жатқызылған өнімдерге берілген электрондық фитосанитарлық сертификаттарды қабылдауға мүмкіндігі жоқ. Сондай-ақ жеткізілетін жерлердегі заңнамаға сәйкес фитосанитарлық тәуекелдігі жоғары карантиндік өнімдерге экспорттаушы елдер тарапынан берілген қағаз тасығыштағы фитосанитарлық сертификаттың түпнұсқасы карантиндік бақылауды (қадағалау) жүзеге асыру кезінде өсімдіктер карантині жөніндегі инспектормен алынып тасталады.

ҚР 1999 жылғы 11 ақпандағы «Өсімдіктер карантині туралы» Заңының 13-бабының 2-1-тармағына сәйкес мына жағдайларда карантинге жатқызылған өнімді ҚР аумағына әкелуге тыйым салынады. Нақтырақ айтқанда, экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитарлық сертификаттарынсыз фитосанитарлық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімдерді, ЕЭО-тың бірыңғай карантиндік фитосанитарлық талаптарында көзделген жағдайды қоспағанда, карантиндік нысандар мен тегі бөтен түрлерді жұқтырған карантинге жатқызылған өнімдерді біздің елге әкелуге болмайды. Уәкілетті органмен келісім бойынша ғылыми-зерттеу мақсат үшін әкелінетін үлгілерді қоспағанда, карантиндік нысандардың таралу ошақтары бар аймақтардан, орындардан немесе өндіріс учаскелерінен топырақты, тамыр жайған тірі өсімдіктерді топырағымен қоса өсімдік ауруларын қоздыратын тірі саңырауқұлақ өскіндерін, бактерия, вирус, өсімдіктерді бүлдіретін жәндік, кене, нематодтар, карантиндік арамшөп тұқымдары, уақытша карантиндік фитосанитарлық шаралар енгізілген карантинге жатқызылған өнімдерді Қазақстан аумағына кіргізуге тыйым салынған.

Елімізде шегіртке зиянкестерін қоспағанда, аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы іс-шаралардың орындалуы да бақылауға алынған. ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ күн сайын аса қауіпті зиянды организмдердің таралуы жөнінде шұғыл мәліметтер дайындайды. Комитет төрағасының 2017 жылғы 16 қарашадағы № 259-н бұйрығымен бекітілген карантинді объектілерді есепке алу мен анықтау әдістемесіне сәйкес аса қауіпті зиянды организмдер саны экономикалық зиянды шегінен жоғары болған жағдайда, шаруашылықты көрсете отырып, тексеру актісі ұсынылады. Өсімдіктерді қорғау инспекторы зиянды организмдер саны экономикалық зиянды шегінен асып кеткен тексеру актісі деректері бойынша (дабыл хабарламасы) бақылау субъектісіне қажетті фитосанитарлық іс-шараларды міндетті түрде жүргізу үшін бұзушылықтарды жоюдың мерзімін көрсете отырып, 2 дана ұйғарым шығарады. Ұйғарымды орындау мерзімі оны жүзеге асырудың іс жүзіндегі мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып белгіленеді. Алайда, ұйғарым тапсырылған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде орындалуға тиісті.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 129-бабы, 4-тармағының 7) тармақшасына сәйкес, аса қауіпті зиянды организмдер, карантиндік объектілердің таралу ошақтарында, жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша ошақтарда, қолайсыз пункттер мен карантиндік аймақтардағы мемлекеттік бақылау мен қадағалаумен байланысты мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын субъектінің (объекті) орналасқан жерін, бақылаудың уақытын, мемлекеттік бақылау мен қадағалауға алынатын субъектіні (объект) алдын ала анықтау мүмкін болмаған жағдайда, ондай объектілерді мемлекеттік бақылау мен қадағалау аталған субъектіге алдын ала мәлімдеусіз және тексеру тағайындалғаны туралы акті тіркелместен жүргізіледі.

Бақылау субъектісі бақылау және қадағалау органына бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның орындалуы туралы ақпарат беруге міндетті. Бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымды орындаудың көрсетілген мерзімі өткеннен кейін уәкілетті орган ұйғарымның сақталуын анықтау мақсатында тексеру жүргізеді. Ол орындалмаған немесе тиісті деңгейде жүзеге асырылмаған жағдайда, әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырылып, одан әрі сотқа жіберу үшін кінәлі адамнан шығарылған ұйғарымды орындамау себебі көрсетілген түсіндірме хат алынады және ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдар), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары шығарған заңды талапты немесе нұсқауды, ұсынымды, қаулыны орындамау немесе тиісінше орындамау бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Сотқа жіберу үшін құқық бұзушының түсіндірме хаттамасы, әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама, кәсіпкерлік субъектісі санатының анықтамасы сынды құжаттар жинақталады.

ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ жедел кезеңде апта сайын аса қауіпті зиянды организмдердің таралуы жөніндегі мәліметтерді ұсынатынын жоғарыда айттық. Зиянды организмдер саны экономикалық зиянды шегінен асып кеткен жағдайда инспектор шаруашылықты көрсете отырып, тексерудің маршруттық парағын сұратуы қажет. Ұсынылған маршрут парағы (дабыл хабарламасы) бойынша зиянды организмдер саны экономикалық шегінен асып кеткені анықталса (мысалы, бидай трипсі немесе арамшөптер), өсімдіктерді қорғау инспекторы ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 462-бабының 2-тармағына сәйкес әкімшілік іс қозғайды. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 802-баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ, басқа да мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан алынған материалдар әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қозғау себебінің бірі болып саналады.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 802-бабының 2-бөліміне сәйкес осы кодекстің 741-бабында қарастырылғандай, іс бойынша өндірісті жоққа шығаратын мән-жайлар анықталмаған жағдайда әкімшілік құқықбұзушылық белгісін көрсететін жеткілікті деректер әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қозғауға негіз бола алады. Құқық бұзушыны әкімшілік іс жүргізуді қарауға шақырған кезде хабарлама шығарылады. Онда күні, уақыты, мекенжайы, ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының 14-5-бабының 1-тармағында көзделген бұзушылық, «фитосанитарлық мониторинг пен фитосанитарлық шараларды жүргізу және саны зиянды шегінен асатын зиянды және аса қауіпті зиянкестердің дамуы мен таралуын болдырмау» көрсетіледі. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 403-бабының 2-тармағына сәйкес, фитосанитарлық бақылау объектілерінде фитосанитарлық мониторинг пен фитосанитарлық іс-шараларды жүргізбеу, саны зиянды-лықтың экономикалық шегінен асатын зиянды организмдердің көбеюіне және таралуына, әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтырады. Әкімшілік іс жүргізуде әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама, құқықбұзушылық туралы түсіндірме хаттама, тағы басқалары бар. Егер субъект құқықбұзушылық деректерін мойындаса, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 810 және 811-баптарына сәйкес қысқартылған іс жүргізу қолданылады (7 тәулік ішінде санкция бабында көрсетілген айыппұл сомасының 50% мөлшерінде айыппұл төлеу). Тиісті құжаттар толтырғаннан кейін барлық деректер әкімшілік базасы дерекқорына – әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізіліміне енгізіп, айыппұлдың төленуі бақыланады.

Саят САҚМОЛДИН,
ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыс бойынша аумақтық инспекциясының басшысы

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«ДАМУДЫҢ» даңғыл жолы

Қажет АНДАС

«Даму» қорының Жетісу облыстық филиалы ұйымдастырған пресс-тур аясында өңірдегі БАҚ өкілдері «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Жетісу облысы бойынша аймақтық филиалы тарапынан мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау алған бірқатар кәсіпорынды аралап, кәсіпкерліктің өркендеп, өсіп келе жатқанын көрді.



Баспасөз туры аясында «Жетісу облысының шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру шаралары» тақырыбында баспасөз конференциясы өтіп, онда өңірлік филиал директоры Абляхат Балтаев «Даму» қорының атқарған жұмысын, жеткен нәтижесін айтып берді.

– Жалпы, бизнесті қолдау және дамыту бағдарламалары іске қосылған кезден бастап Жетісу облысында «Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» құралы бойынша кәсіпкерлердің жалпы сомасы 137,5 млрд. теңгеден астам 1 868 жобасына, «Кепілдік беру» құралы бойынша кепілдік сомасы 6,4 млрд. теңгеден астам, жалпы сомасы 13,3 млрд. теңгені құрайтын несие бойынша 363 кәсіпкердің жобасына қолдау көрсетілді.

Оның ішінде биыл «Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау» құралы бойынша кәсіпкерлердің жалпы сомасы 13,4 млрд. теңгеден астам 198 жобасы қолдау тапты. Таратып айтар болсақ, «Ұлттық жоба» бағдарламасы аясында несие сомасы 8,8 млрд. теңгеден астам 194 жоба, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 4,6 млрд. теңгеден асатын 4 жоба қолдау тапты. «Кепілдік беру» құралы бойынша жалпы кредит сомасы 7,1 млрд. теңгені, ал кепілдіктер сомасы 3,4 млрд. теңгені құрайтын 204 жобаға қолдау көрсетілді, – деді ол.

Бизнеске мемлекет тарапынан қолдау көрсету өңірдің ғана емес, тұтас елдің кәсіпкерлік секторын дамытуда маңызды рөл атқарады. Баспасөз туры аясында журналистер «Даму» қорының бағдарламасына қатысқан кәсіпкерлердің бизнес-кейстерімен танысып, жеңіл несие алу, несиені субсидиялау арқылы қарыз жүгін жеңілдету, несиеге кепілдік алу мүмкіндігімен қалай пайдаланғанын естіді. Сондай-ақ, еліміздегі бизнесті қолдау мен дамытудағы өзекті мәселелер жайлы біліп, кәсіпорын басшыларынан сұхбат алды.

Журналистер ең алдымен «Баялышбаев Е.Қ.» ЖК-нің «Асар» спорттық-сауықтыру орталығына барды. Талдықорғандық Елдос Баялышбаев бірнеше жылдық талпынысының нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсететін мол мүмкіндігі бар нысанды құрып шықты. Елдос жол апатынан төсекке таңылып, күнделікті жаттығулардың арқасында 2 жылдан кейін аяққа тұрды. Дәл сол кезде оған спортзал ашу және басқа мүгедектерге көмектесу жайлы идея келді. 2013 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында грант жеңіп алып, «Асар» спорттық-оңалту орталығының негізін қалады. 2015 жылы «Болашақ» қауымдастығының «Даму» қорымен бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Startup Bolashak» байқауына қатысып, Алакөл жағасында ерекше жандар үшін «Асар» пансионатын ашып, өзінің бизнес-идеясына қаржы алды. Осындай еңбектің арқасында облыс орталығындағы емдеу-сауықтыру орталығы бой көтерді. Алайда ғимараттың жұмысын аяқтау үшін грант пен жеке ресурстар жеткіліксіз болды.

– Орталықтың құрылысын аяқтау үшін «Даму» қорына жүгініп, қордың кепілдігімен «Қазақстан Халық Банкінен» 21,75%-бен несие алдық. Ол қаржы әрлеу-монтаждау жұмысына жұмсалды. Бүгінде «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясында несиенің 6 пайызын біз төлейміз, қалғанын «Даму» қоры субсидиялайды, – дейді Елдос Баялышбаев.

Талдықорған қаласы Абылайхан көшесі, 371 мекенжайында орналасқан «Алматинские краски» ЖШС – лак-бояу материалдары мен жол жөндеуге арналған материалдар шығаратын қазақстандық компанияның да жұмысы қызып тұр. Ел аумағында 2009 жылдан бері табысты жұмыс істеп келе жатқан зауыт жылына 5 мың тонна лак-бояу материалдары мен 6 мың тонна термопластик шығарады. Өнімдерін заманауи технологиялар арқылы өндіретін СТ-KZ сертификаты бар. Кәсіпорын 100-ге жуық білікті маманды жұмыспен қамтып отыр. Барлық қажетті инфрақұрылым жасалған. «Осындай мүмкіндікке «Даму» қорының кепілдігінің арқасында жетіп отырмыз», – дейді зауыт мамандары.

2001 жылы 6 үстелге арналған шағын кафеден бастаған «Fortuna Food» ЖШС қызметін біртіндеп дамыта отырып, бүгінде облысты кондитерлік өніммен қамтамасыз ететін мүмкіндікке жетті. 2010 жылы қосымша өндірістік үй-жай сатып алып, тағы да үш дүкен ашты. 2015 жылдан бері «Fortuna Food» брендімен жұмыс істей бастады.

– «Fortuna» кафесінің бренді аймақта танымал болғандықтан жаңа компанияның атауын тұтынушылардың санасында қалыптасқан брендпен байланыстыру туралы шешім қабылданды. Клиенттер базасы мен штаттың кеңеюі басталды, техника мен арнайы жабдықтардың саны артты. Нәтижесінде «Fortuna Food» ірі «Скиф трейд» және «Магнит» бөлшек сауда желісімен жұмыс істей алды. Сол жылы компания «Қазақстанның үздік тауары» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды, – дейді «Fortuna Food» ЖШС директоры Ильмира Хакимова.

Компания «БанкЦентрКредиттен» «Даму-Өндіріс» бағдарламасы бойынша жылына 6%-бен жеңілдетілген несие алып, коммерциялық үй-жай сатып алды. Компания басшысы және табысты кәсіпкер Ильмира Хакимова, «Бизнестің жол картасы – 2020», «Даму – Өндіріс», «ШОБ топ-менеджментін оқыту», «Іскерлік байланыстар» сияқты «Даму» қорының қаржылық және қаржылық емес бағдарламаларының белсенді қатысушысы, сондай-ақ, «Даму-Көмек» жобасы аясында демеуші. Биыл «ULTTYQ ÓNIM» көрмесіне қатысып, жақсы жағынан танылды.

Бүгінде «Fortuna Food» компаниясы кондитерлік және аспаздық өнімдер өндірісі, жеке аспаздық және аймақ бойынша кең сауда желісі, «Фортуна» кафесі, «Стильдер» оқыту студиясы қатарлы үш бағытта дамып келеді. Компания штатында 140 адам жұмыс істейді.

– Мен осы компанияда 10 жылдан бері аспаз болып жұмыс істеймін. Күніне 20-30 түрлі тағам түрін шығарамыз. Жыл сайын жаңа технологиялар енгізіліп, жұмыс ауқымданып келеді. Осы жұмыстың арқасында отбасымызды асырап, балаларымызды оқытып, жақсы өмір сүріп келеміз, – дейді компания аспазы Фаузия Есенбаева.

Біз өндіріс орындарынан қызу жұмыс, ел игілігін еселеп жатқан жетістіктерді көрдік. Олар мемлекеттік қолдауға ие болумен бірге тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтып, әлеуметтің әлеуетін көтеруге көп септігін тигізіп жатыр.

30 qarasha
2023 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№133 (19272) ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЖАЙДАРМАН



«ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ ОРТАЛЫҒЫ» АШЫЛДЫ

Көксу аудандық орталық ауруханасында алғашқы медициналық әлеуметтік көмектің «Үздік тәжірибе орталығы» ашылды. Халықаралық стандартқа сәйкес аудан тұрғындарына медициналық көмек көрсетудің сапасын жақсарту мақсатында ашылған орталықтың халыққа тигізер пайдасы зор.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Шарада аудан әкімінің міндетін атқарушы Ержан Шалқыбеков мұндай үздік тәжірибелік орталықтардың маңызы зор екенін айтып, аудан жұртшылығын салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

– Біз халыққа қызмет етіп қана қоймай, денсаулық сақтау саласындағы білімін де арттыруымыз керек. Аудан тұрғындарының дені сау болуы үшін ақ халатты абзал жандарға артылатын жүк ауыр. Мұндай орталықтар бізде көп болуы керек. Осы бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғасын табады. Ең бастысы – ауырмайтын жол іздеп, салауатты азаматтар санын арттырайық, – деді ол.

«Primary Health Care» Ұлттық қауымдастығының президенті медицина ғылымдарының докторы, профессор Төлебай Рахыпбеков мұндай орталықтар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының үздік әдістемесі бойынша іске асырылып жатқанын айтып, аудан жұртшылығын құттықтап, дәрігерлер жұмысына сәттілік тіледі.

«Үздік тәжірибе орталығы» ашылғалы емхана құрылымына көптеген оң өзгеріс еңгізілді. Атап айтқанда, емханада өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы, халық кеңесі, тренинг орталықтары, патронаждық қызметтің әмбебап-прогрессивті модель бөлмесі, денсаулық мектептері және отбасылық медицинаның жаңа моделі өз жұмысын жүйелі жүргізіп келеді. Орталық жұмысының нәтижесінде жаңа медициналық-әлеуметтік көмектің қолжетімділігі мен сапасы жақсармақ. Сонымен қатар, аудан тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына зор ықпал етеді.

Шара соңында жиналған көпшілік орталықтың жұмысымен танысып, арнайы ашылған кабинеттерді аралап, дәрігерлер жұмысымен танысты.

Көксу ауданы

МЕДИЦИНА

ҚАМЫСҚАЛАДАҒЫ ҚУАНЫШ

Биыл Алакөл ауданындағы Байзерек, Қарлығаш, Ынталы ауылдарында блокті-модульдік медициналық пункттер ел игілігіне берілді. Енді Қамысқала ауылында ашылған фельдшерлік-акушерлік пункт жұрттың сүйінішін еселеді.

Қажет АНДАС

Жалпы, аудан орталығынан 60 шақырым қашықтықта орналасқан бұл елді мекенде 840 тұрғын бар. Енді ауылдағы ағайын аудан орталығына сабылмай, қажетті ем-домын үй маңынан ала алады. Пункттің ашылуына аудан әкімі Алмас Абдинов қатысып, көпшілікті қуанышымен құттықтады.

– Аудан тұрғындарының денсаулығы біз үшін өте маңызды. Заман талабына сай сәулетіне көркі лайық денсаулық мекемесін салған мердігер «Голден Строи» ЖШС басшылығына алғысымды білдіремін. Енді бұл медициналық пункт ауыл тұрғындарына қалтқысыз қызмет етеді деп білемін, – деді аудан әкімі.

Заманауи нысанды салуға өңірлік даму жоспарына сәйкес жергілікті бюджеттен 143 млн. теңге бөлінген. Бес бөлмелі медициналық пункт ауру түрін анықтап, емдік шаралар жасайтын құрылғылармен толық жабдықталған. Тұрғындарға 1 фельдшер, 1 акушер, 2 медбике, 1 санитар, 1 жүргізуші, 1 жұмысшы қызмет көрсететін болады. Заман талабына сай салынған әсем ғимараттың іші жылы әрі мұнтаздай таза.

– Қамысқала ауылындағы дәрігерлік амбулатория сонау 1978 жылы салынып, кезінде балық зауытына қарасты ғимарат болған. Уақыт өте келе аудандық орталық ауруханаға беріліп, қызмет атқарды. Алайда, нысан тиісті заңдылықтарға сәйкес келмейтін, көбіне дәрігерлерге қолайсыздық тудыратын. Материалдық-техникалық базасы да көңіл көншітпейтін. Уақытылы әрі тиісті ем-дом жасауға мүмкіндік те аз еді. Енді, міне, заман талабына сай сапалы дәрігерлік көмек көрсетуге лайықталған медициналық орталық ашылды, – дейді аудандық орталық ауруханың директоры Асхат Бутабаев.

Дәрігерлік амбулатория бір ауысымда 15 емделушіге алғашқы медициналық көмек көрсете алады. Мұнда ауыл тұрғындары алғашқы медициналық-санитарлық көмек, екпе егу, скрининг, акушерлік және ЭКГ аппаратына жүрек қағысын тексеру секілді қызметтер бойынша ем-дом алады. Тіпті, аудандық орталық ауруханадан арнайы білікті мамандар шақырылып, белгіленген кестеге сәйкес ауыл тұрғындарына қажетті қызмет көрсетіп тұрады.

Қуанышты шарада ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Раушан Жұманқұлова жүрекжарды лебізін жеткізді.

Келесі жылы Алакөл ауданының Екпінді, Жайпақ, Қайнар ауылдарына фельдшерлік-акушерлік пункт, 5 елді мекенде блокты-модульді нысандар салу жоспарлануда.

Алакөл ауданы



● Бүгінгі күн тақырыбы



Субсидиялау мәселесі өзекті

2

● Тағзым



Ардагерлер ардақталды

3

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

8 747 390 09 90

ЖИЫН-ТЕРІН

Күз ала жаздай арқасын күн жеп, бел жазбай бейнет қылатын диқаншы қауымның тоқшылыққа кенелер шағы.

ТҮСІМ ҚОМАҚТЫ

Иә, дәл осындай межелі мерзімде өсірген өнімді шашпай-төкпей қамбаға құйып, оны ысырапсыз толық жинау аса маңызды. Ескелді ауданы бұл жұмысты толық орындады.

Аудан бойынша 32754,2 гектарға дәнді дақылдар себілген. Бүгінгі күнге 11363,2 гектар бидай, 16833 гектар арпа толығымен қамбаға түсті. 4426 гектар жүгерінің 3850 гектары шабылды. Өнім жинау жұмысы жүйелі жалғасуда.

2023-2024 жылғы мал қыстату науқанына жоспарланған 205,3 мың тонна мал азығы толық дайын. 108,3 мың тонна шөп, 12,8 мың тонна пішендеме, 25,5 мың тонна сабан, 24,9 мың тонна сүрлем, 27,3 мың тонна жем мал басының аман сақталатынына кепіл десек болады.

Биыл ауданда 74 қожалық 1 мың 911,6 гектар қант қызылшасын екті. 15 мың тонна өнім жинау жоспарланған. Қант қызылшасының орташа түсімі гектарына 594 центнерден айналды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ӨЗЕКТІ

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов жетісулық бизнес қоғамдастықтың өкілдерімен кездесіп, биылғы жылдың 10 айындағы облыстың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайынан хабар берді. Сондай-ақ, кәсіпкерлердің аймақтың дамуына қосып жатқан үлесін жоғары бағалады.

Шараға облыстық және салалық кеңестердің, қауымдастықтар мен кәсіподақтардың, ірі, орта және шағын бизнес өкілдері қатысты. Кездесуді облыстық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Дәурен Оңалбаев жүргізді.

Оның айтуынша, кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай қалыптастырып, бизнес пен билік арасында тиімді серіктестік орнатуға жебеуші болып келеді. Аймақ кәсіпкерлерінің барлық жұмысын бір орталыққа шоғырландырып отырған облыстық кәсіпкерлер палатасы кейінгі жылдары қызмет көрсету тиімділігін жетілдіре түсті. Олар өз міндеттерін нәтижелі орындау үшін палата жанында кәсіпкерлік нысандарының 25 делегатын, сондай-ақ, қауымдастық пен одақтардың өкілдерін қамтитын байқаушы орган, өңірлік кеңес құрып, кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай қалыптастыру аясында көшпелі кездесу мен отырыстар өткізіп келді. Бүгінгі шара сол мақсатты жұмыстың жалғасы.

Сондай-ақ, ұлттық кәсіпкерлер палатасының қызметін жетілдіру аясында кәсіпкерлер палатасы жанынан шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған АӨК және тамақ өнеркәсібі, өнеркәсіп, туризм, сауда және қызмет көрсету, көлік және логистика, жеке білім беру, құрылыс салалары бойынша салалық кеңес құрылған. Аталған кеңес құрамына облыстың 2000-нан астам кәсіпкерлік нысанын қамтитын 300-ден астам тұрақты мүше кірген. Бүгінгі таңда салалық кеңестер 38 отырыс өткізіп, 60-тан астам мәселені қараса, оның 24-і өз шешімін тапқан.

Өкінішке қарай, республикалық сипаттағы мәселелерді шешу жиі кешіктіріледі. Сондықтан салалық кеңестердің мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылын күшейте отырып, ынтымақтаса жұмыс жүргізуі керек. Осыған орай кездесуде бизнес өкілдері Әсет Серікұлынан кеңес қызметінде мемлекеттік органдардың тұрақты өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге жәрдем көрсетуін сұрады.

Кәсіпкерлердің өтінішін құп көрген облыс әкімінің орынбасары бұл тұрғыдағы ынтымақтастыққа барынша назар аударатынын жеткізді. Сондай-ақ, облыстың осы жылдың 10 айында түрлі салада жеткен көрсеткіштерін жіпке тізгендей баяндап, сол жетістіктерге жетуге кәсіпкерлер мен бизнес өкілдерінің үлкен үлес қосқанын атап өтті.

Соңында облыстық кәсіпкерлер палатасының жанындағы өңірлік кеңестің төрағасы Римма Салықова, салалық кеңестер төрағаларының атынан Б. Файзулин, М. Ахметжановалар сөз сөйлеп, ой-пікірлерімен бөлісті.

Қ. ОМАРАҚЫН

Қадірменді оқырман, қымбатты Жетісу жұртшылығы!

Алаштың көзі, тарихтың өзі болған бұқараның ақжолтай хабаршысы, байтақ жұрттың үнпарағы – «Jetisý» газеті жылнаманың тағы бір жылын Жетісу жұртымен өткермек. Кеудесіне қазына бүккен қарт басылымның ғасырдан астам ғұмырындағы жарқын іздері алдағы кезеңнің ақжолтай жаңалықтарымен толықпақ. Жетісудай жұмақ мекен жұртшылығын ғасыр бойы ақпаратпен қамтуды абыроймен жалғастырған, бабалар үнін бүгінмен сабақтаған, даналар аманатын ардақтаған, құндылықтың қайнарына қарасөз арқылы сүрлеу-сүрдек салған ата басылым әр шаңырақтың төрінен табылсын! Жазылайық!

Өткір ой, салмақты сын, терең сараптамаға толы басылымның әр парағын ойлана оқиық. Классиктердің қолтаңбасы қалған қарт басылыммен сырласайық, жетісулықтар!

«JETISÝ» ГАЗЕТІ ӨЗ ОҚЫРМАНЫМЕН БІРГЕ!

Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5925,60	6235,20	11851,20	12470,40
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40
Жалпы жеке жазылу	**65469**	4125,60	4435,20	8251,20	8870,40

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	5100	10200
2.	Зейнеткерлер үшін	2850	5700
3.	Жалпы жеке жазылу	3500	7000

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4750	9500
2.	Зейнеткерлер үшін	2350	4700
3.	Жалпы жеке жазылу	2900	5800

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: 8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87474106909

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖӘРМЕҢКЕ

КӨП КӨҢІЛІ ТОҒАЙДЫ

● Облыс орталығындағы «Жастар» спорт сарайы маңында, Қадырғали Жалайыри даңғылының бойында ұйымдастырылған тауар өндірушілердің ауылшаруашылығы жәрмеңкесі таңмен таласа басталды. Айналада аязды күнге тітіркеніп, қымтанып жүргендерді көрмейсің, қайта елді мекендерден келген тауар өндірушілердің көңілі ток, жүзі жадыраңқы. Жәрмеңкеге облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ арнайы келді.

Қажет АНДАС

Облыс басшысы жолдың екі жанына орналасқан шатырларды аралап, аудан басшыларынан ауылшаруашылығы саласындағы жетістіктерді сұраса, тауар өндірушілердің ұсыныс-тілегін де назардан тыс қалдырмады. Айта кетерлігі, жәрмеңкеге «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жеңілдетілген несие алып, шаруашылығын ұлғайта түскен тауар өндірушілер де бірінші рет қатысып, өз өнімдерін қалалықтарға ұсынды.

– Бүгінгі жәрмеңкеге облыстағы 8 аудан, 2 қаланың тауар өндірушілері қатысып, өнімін тұтынушыларға нарықтағы бағадан 15-20 пайыз арзанға ұсынды. Мысалы, қазір дүкендерге қанттың келісі орташа 425 теңгеден сатылса, «Көксу қант зауыты» ЖШС бүгінгі жәрмеңкеде 10 тонна өнімнің келісін 350 теңгеден сатылымға шығарды. Басқа да тауарлар арзандатылған бағада сатылып жатыр. Алдағы уақытта облыс басшысының тапсырмасымен «Қаптан сөреге дейін» жаңа бағдарламасын жүзеге асыру жоспарлануда. Басты мақсат – делдалсыз сауданы жандандыру. Оның үстіне «Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ арқылы қалада 15 әлеуметтік дүкен ашылып, жұмысын жүргізуде. Оның саны алдағы уақытта арта түсетін болады, – дейді облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Бақтияр Қалдыбатырұлы.

Жалпы, бүгінгі жәрмеңкеге 110 тонна 25 түрлі ауылшаруашылығы өнімі ұсынылды. Атап айтар болсақ, 14,4 тонна ет, 7 тонна балық, 2,5 тонна сүт, 17 тонна картоп, 6,1 тонна көкөніс, 6 тонна жеміс-жидек, 47 тонна басқа өнімдер жеткізіліп, күні бойы қызу жүрген сауда барысында қала тұрғындары 182 млн. теңгеге жуық ауылшаруашылығы өнімін сатып алды.



Суреттерді түсірген Р. ҚАДЫРОВ

Әрине, облыс орталығында жәрмеңке өтсе қалалықтар Алакөлдің балы мен балығын сатып алу үшін көптеп келетінін білеміз. Бұл ретте де аталған ауданның Қамысқала ауылынан жеткізілген балық өнімдері көптің сұранысында болды.

– Қамысқала ауылдық округі жәрмеңкеге 2 тоннаға жуық балық өнімдерін жеткізді. Экологиялық таза және делдалсыз сатылып жатқандықтан жәрмеңке басталғаннан сатып алушылардың қарасы көп. Әрине, жол шалғай болса да облыс орталығының тұрғындары Жаңа жыл мерекесін жадыраған көңілкүймен өткізсін деген ниетпен келіп отырмыз, – дейді Алакөл ауданы, Қамысқала ауылдық округінің әкімі Асқар Бүтіншінов.

Бұл жәрмеңке тауар өндірушілердің де, сатып алушылардың да көңілінен шықты. Өйткені, алыстан ат арытып жеткен еңбеккерлер өнімдерін саудалап, табысын еселесе, тұтынушылар бағасы арзан, сапасы жақсы өнімдерін алып жатты.

БӘРЕКЕЛДІ!



ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖЕҢІМПАЗ

● Жуырда Алматы қаласында киокушинкай-кан каратэден әлем біріншілігі өтті. Феруз Шегебаев пен Әлішер Ахметжан тәрбиелеген және сол байрақты бәсекеде үздіктер қатарынан көрінген спортшыларды облыс әкімінің орынбасары Марлен КӨЛБАЕВ қабылдап, аймақ басшысының алғысын жеткізді.

Дастанбек САДЫҚ

17-19 қарашада жалауын желбіреткен сайысқа 33 мемлекеттен 700-ге жуық каратэші қатысты. 3 күнге созылған байрақты бәсекеде қазақстандықтар шашасына шаң жұқтырмай жалпыкомандалық есепте 1-орынды еншілеп, қоржынға 115 жүлде салды. Бұл жеңісте жетісулықтардың да өз үлесі бар. Атойлы аламанда облыс абыройын арқалап барған 13 сайыпқыран сапынан Карина Забалич I орынды, Арман Маратов II орынды және Виктория Линникова III орынды еншіледі.

– Жас спортшыларымыз жарады. Облысымыздың атын шығарып, әлден-ақ мақтанышымызға айналып отыр. Алдағы аламанда да қарымдылығын көрсетіп, жүлделер еншілейді деп сенеміз. Бұл жолғы жеңісін аймақ басшысы да елеусіз қалдырып отырған жоқ. Жетісу өңірі халқы атынан алғаусыз алғысын білдіруде. Жемісті, жеңісті күндеріміз көп болсын, – деді облыс әкімінің орынбасары Марлен Қапашұлы.

Жеңімпаз спортшылардың жаттықтырушысы Феруз Шегебаев бір жылдың ішінде мұндай жетістікке жеткені жергілікті атқамінерлердің қамқорлығы екенін айтып отыр. Оның үстіне балалардың да қарым-қабілеті бұл спорттың қыр-сырын меңгеруде өз әсерін тигізіпті.

– Спортшылардың алдында үлкен додалар күтіп тұр. Алдымен келер жылы өтетін Азия біріншілігінде жеңісті қолдан бермеуге тырысамыз. Бастысы, шәкірттеріміз сенім мен үдеден шығады деп білемін. Қазір жаттығуды күшейтіп жатырмыз. Жаттығуда қиын болғанымен шын додада бәсіміз төмендемейді. Жетісудың, Қазақстанның атын шығарар дарабоздарымыз көбейе берсін, – деді Феруз Шегебаев.

Жас әрі жеңімпаз спортшы Арман Маратов та қолдау білдірген аға буынға алғысын айтып, алдағы уақытта жарқын жеңістерге жетіп, жетісулықтардың мерейін өсіретінін жеткізді. Талантты да талапты спортшыларға біз де ризашылық таныттық.

ҚҰРМЕТ

● Жуырда аудандық Мәдениет үйінде энергетика саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты шара өтті.



МАМАНДАР МЕРЕЙІ

Бұл еліміздің энергетикалық кешенін құруға, энергетика саласын дамытуға және қызмет көрсетуге өз өмірін арнаған жандардың мерекесі. Бұл сала біздің елдегі экономиканың флагманы саналады.

Себебі, экономиканың барлық басқа салаларының өмірге икемділігі, үйдегі жайлылық, жылу және жарық энергетикаға тікелей байланысты екені бәрімізге мәлім.

Сала қызметкерлерін аудан әкімінің орынбасары Жомарт Мыңбаев құттықтап, елеулі еңбек атқарып жүрген бірқатар азаматқа аудан әкімінің Алғыс хатын табыстап, энергетика саласының маңыздылығына тоқталды.

– Сіздердің алтын қолдарыңыз бен білімдеріңіз – біздің ауданымыздың күші. Жылдар бойы жинаған мол тәжірибе мен ұшан-теңіз білімдеріңіз, өсіп келе жатқан жастардың энергетика саласына деген қызығушылығын арттырып, осы салаға зейін қойып мықты маман болады деп сенемін – деді Жомарт Құситханұлы. Бұл күні энергетиктер буыны атқарған жұмыстар жоғары бағаланып, өңірде межеленген жұмыстар сараланды. Әріптестері арасында жоғары құрметке және қоғамдық мәртебеге ие білікті мамандар жұмыс атқаратын электр жүйелері ұжымдарының атына жақсы тілектер жаңбырша жауды.

Мерекелік кеш соңы аудан өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламамен қорытындыланды.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ

Сарқан ауданы

ҚОЛДАУ

● ҚР Үкіметі қазақстандық аграршылардан астықты тікелей сатып алуға 31,3 млрд. теңгеден астам қаражат бөлді. Бұл ауа райының қолайсыздығынан зардап шеккен фермерлерге көмек болуы мүмкін.

АСТЫҚ САТЫП АЛАДЫ

Үкіметтің баспасөз қызметінің хабарлауынша, жақында аграрийлерді қолдау үшін резервтен төртінші және бесінші сыныпты, сондай-ақ сыныптан тыс бидайды тікелей отандық ауылшаруашылығы өндірушілерінен мақсатты сатып алуға қаражат бөлінді. Тиісті Қаулыға ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов қол қойды. Қаулы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылы егіннің шығыны мен қолайсыз ауа райынан зардап шеккен аграршыларды жедел қолдау жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында қабылданды.

Азық-түлік корпорациясы 31 млрд. 375 млн. теңгеге 350 мың тонна бидай сатып алады. Жалпы, еліміз бойынша 16,9 млн. гектар егістікте астық жиналып, жұмыс толық аяқталды. Аграршылар 16,6 млн. тонна астық, оның ішінде 11,5 млн. тонна бидай бастырды. Жиналған өнім ішкі қажеттілікті қамтамасыз етуге және астықтың белгілі бір бөлігін экспортқа жөнелтуге жеткілікті болды.

Егін жинау кезінде жауын-шашынның мол болуы фермерлерге біраз кедергі келтірді. Яғни, бұл егін жинау жұмысы мен астық сапасына кері әсерін тигізді. Нәтижесінде аталған жағдай ауыл тұрғындарының өсірілген өнімді өткізуіне және шарттар бойынша міндеттемелерді орындауына мүмкіндік бермеген.

Жалпы, биыл Үкімет агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға барлық көзден 494 млрд. теңге бөлді. Республикалық бюджеттен «Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыруға 100 млрд. теңге бөлінген.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН КӘСІПКЕР

●Жаркенттің наны, әсіресе тандыр пешке піскен тоқашы жоғары сұранысқа ие. Қай кезде де сырттан келген мейман еліне қайтарда тандыр нанын қоржынына толтыра алып кететінін байқап та жүрміз. Бүгінгі таңда тек Жаркент қаласының өзінде халыққа арнап нан пісіретін 20-дан аса наубайхана жұмыс істеп тұр.



Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Көкталдық Ербосын Жолтықов Жаркент өңіріндегі өз өндірісін өрге жүздірген табысты кәсіпкерлердің бірі. Ол бүгінде неміс технологиясымен жұмыс жасайтын түрік пештері орнатылған наубайханасында тәулік сайын 2 тоннадан астам ұннан 20-ға жуық нан өнімін пісіруде. Жаркент қаласымен қатар көршілес Үйғыр, Кербұлақ аудандарының тұрғындарын ас атасымен қамтамасыз етуде.

Соңғы жылдары «Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арқылы отандық өнімдерін Қытай нарығына да шығарып жүр. «Жолтықов» жеке кәсіпорыны өндірген сапалы нан өнімдеріне тұтынушылар сұранысы жыл өткен сайын артуда. Бұған кәсіпорында еңбек ететін 22 еңбеккердің өз жұмысына ерекше жауапкершілікпен қарап, өндірген өнімдерінің сапасын жоғарылататын технологияларды жетік меңгеруі негіз болуда.

– Біздің наубайхана жұмысшылары екі кезекпен күн-түн демей еңбек етіп, тұтынушыға әр таңда пештен жаңа шыққан нан өнімдерін ұсынып келеді. Жұмыс барысында мамандарымыз барлық технологиялық талапты сақтай отырып, өнім сапасын түсіретін, тұтынушы талаптарына қайшы асығыс қарекеттерге жол бермейді. Кәсіпорын іске кіріскен алғашқы күннен бері бізбен бірге жұмыс істеп жүрген мамандарымыздың біліктілігі тұтынушылар алдындағы беделіміздің жоғарылап, біздің өнімдерге сұраныстың артуына көп ықпал етіп отыр, – деді кәсіпорын басшысы Ербосын Тұрғанұлы.

«Жолтықов» жеке кәсіпорынының наубайханасы 2007 жылдан бері халыққа нан өнімдерін пісіріп сата бастады. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының соңында ауылдасы Аблиз Суфияновпен бірігіп, жеке кәсіпкерлікті қолға алған Ербосын сол кезеңнің сұранысына қарай алдымен өз ауылы Көкталда, көршілес Кербұлақ ауданының Шоқан ауылына диірмен салып, жергілікті халықты ұнмен қамтамасыз еткен. Уақыт өте келе еліміздің солтүстік аймағында астық өсіру үрдісі жоғарылап, базарда ұн көбейген тұста Ербосын енді өнімді өңдеп саудалаудың кезеңі туындағанын түсінген. Көкталдағы диірменінің жанынан алдымен шағын наубайхана салып, алғашқыда жергілікті халық күнделікті тұтынатын кәдімгі бөлке, тоқаш пісіріп сатуды қолға алған. Жанына інісі Қазыбек пен қарындасы Әселді, жоғары білімді технолог мамандығын меңгерген қызы Мәдинаны алып, наубайхана өнімдерінің түрлерін көбейткен. Қазір «Жолтықов» наубайханасында пісірілетін әртүрлі нанмен қатар мерекелік дастарқанға арналған тәтті тоқаштар, диеталық нан түрлері көп. Түймедақ, ширатылған батондар, қалыптық бидай наны, сайка, қарабидай, кебек нандарына сұраныс жоғары.

Кәсіпкер мемлекеттік бағдарлама бойынша 40 миллион теңге несие алып, төрт түрік пеші мен қамыр илейтін, дайын өнімді целлофан пакетпен орап тігетін қондырғылар сатып алған. Жан-жаққа дайын нан өнімдерін тасымалдап, дүкендерге тарататын арнайы автокөліктерінің санын көбейткен. Кәсіпорын жұмысы екі ауысыммен тәулік бойы нан өнімдерін дайындайды.

– Түрлі дәмдеуіш қосылып, иі қанып, дайын күлшеленген қамырды арнайы қондырғыда белгілі уақытта тындырып, содан кейін ғана пешке пісіруге қоямыз. Пештен пісіп шыққан нанды арнаулы орында суытып, кептіргеннен кейін ғана автокөліктерге тиеп, дүкен сөрелеріне жөнелтеміз. Өз ісін жетік меңгерген мамандардың жауапкершілігі мен шеберліктерінде мін жоқ. Олардың арасында кәсіпорында ұзақ жыл еңбек еткен білікті мамандар Мөлдір Болатбекова, Нұргүл Қалиева, дайын нанды сауда орындарына тарататын жүргізушілер Нұрболат Бердібаев, Қуандық Орманбеков, Тайыр Исламов сынды еңбеккерлердің есімін аса құрметпен атағым келеді. Біздің мақсат – халыққа сапалы ұн өнімдерін ұсынып, ел алғысын арқалау, – дейді кәсіпкер.

Кәсіпорын жетекшісі Ербосын Жолтықов кәсіпорын жанынан кондитерлік цех жасақтап, сапалы өнімдерін көршілес Құлжа, Үрімжі қалаларына дейін таратуды жоспарлауда. Болашақта жеміс-жидегі мол аймақта табиғи сусын шығару ісін қолға алмақ. Отандық өндірісті өрістетуге атсалысып жүрген Ербосын Жолтықовтың ісіне береке тілейміз.

Панфилов ауданы

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

6 қаңтар
2024 жыл
№3 (19286)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

ПРЕЗИДЕНТ СҰХБАТЫНАН:



● Биыл Қазақстан тарихының көптомдығын әзірлеу жұмыстарын да аяқтаймыз. Бұл – өзімізден 200-ден астам, шетелден 60-қа жуық маман жұмылдырылып, тығырықты жасалып жатқан үлкен шаруа.



● Азаматтар референдумда дауыс берген кезде АЭС салуды жақтаған немесе қарсы болған сарапшылардың дәйекті пікірлерін барынша таразылап, ой елегінен өткізіп барып шешім қабылдауға тиіс. АЭС саламыз ба, салмаймыз ба – мұны халық шешеді.



● Үкімет мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа Салық кодексін әзірлеп жатыр.



● Қазақстан мен Қытай арасында визасыз жүру режимі күшіне енді. Мұның мәні зор. Енді отандастарымыз көрші елге емін-еркін барып, келе алады. Азаматтарымыз осы мүмкіндікті оңтайлы пайдаланады деп үміттенемін.



● Мен қазақ елінің жастарына сенемін. Сондықтан олардың атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарында қызмет етуіне жол ашатын кешенді шаралар қабылданды.

ЖАЙДАРМАН



ҚОНЫСТОЙ ҚУАНЫШЫ

Үшарал қаласында Жаңа жыл мерекесіне орай 60 пәтерлі көпқабатты тұрғын үйдің кілті баспана кезегінде тұрған азаматтарға табыс етілді.

Қажет АНДАС

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында бой көтерген баспананы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің тапсырысымен мердігер «Бағалы – Алакөл» ЖШС салып бітірді. Ғимараттың жалпы аумағы 5324,51 шаршы метрді, пәтерлердің жалпы ауданы 3404,2 шаршы метрді құрайды. Бес қабаттан тұратын тұрғын үйде 15 бір бөлмелі, 15 екі бөлмелі, 30 үш бөлмелі пәтерлер орналасқан. Заманауи үлгіде салынған тұрғын үй аудандағы 4 санат бойынша үй кезегінде тұрған азаматтарға берілді.

Бүгінде аудан бойынша үй кезегіне 1646 азамат тіркелген. Жаңадан қолданысқа берілген тұрғын үй оның санын 60-қа азайтты. Олардың дені әлеуметтік жағынан аз қамтылған және жылдар бойы пәтер кезегінде тұрған отбасылар.

– Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оларды баспанамен қамту мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты бағытының бірі. Осы орайда мемлекет тарапынан азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру үшін тиісті шаралар қабылдануда. Осы орайда жыл басында 40 отбасы баспанамен қамтылса, бүгін, міне, тағы 60 отбасының қуанышына куә болып отырмыз, – деді қуаныш иелеріне пәтер кілтін тапсырған аудан әкімі Алмас Абдинов.

Айта кетейік, аудан халқын тұрғын үймен қамтамасыз ету аясында келесі жылы да 60 пәтерлі тұрғын үй қолданысқа берілмек. Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік осал топтағы азаматтарына тұрғын үй кезегіне сәйкес арнайы 39 пәтерді, яғни, жаңадан салынған 15, нарықтан сатып алынған 24 пәтерді тапсыру қарастырылуда.

Алакөл ауданы

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ӨТІНІШ АЯҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
Серік ҚАНТАЙ

Жақында ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Сұлтан ДҮЙСЕМБИНОВ, Ғалиасқар САРЫБАЕВ пен Амангелді ТОЛАМИСОВ Жетісу облысына жұмыс сапарымен келіп, бірнеше ауданда және Талдықорған қаласында тұрғындармен кездесіп, ұсыныс-тілектерін тыңдап, ойларымен бөлісіп қайтты.



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Іс сапарын КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНАН бастаған сенаторлар аудандық мәслихат депутаттарымен бас қосып, жиын өткізді. Келелі кездесуден соң өңірдің тыныс-тіршілігімен танысып, ел жағдайын біліп қайтты. Сенат депутаттары Сарыөзек ауылында өткен жылы құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілген орталық стадионға ат басын бұрып, жаңа нысанды көрді. Заманауи үлгідегі аталмыш стадион «Ауыл – ел бесігі» ұлттық жобасы аясында салынған. Бұл жер кешкі уақытта әртүрлі іс-шара өткізуге мүмкіндік беретін жарықтандыру қондырғыларымен жабдықталған. Түрлі жарыс өткізілетін ойын алаңына табиғи шөп жамылғысы төселген.

Бұдан соң депутаттар Басши ауылына жол тартты. Халық қалаулылары Басши ауылында жаңадан қолданысқа берілген күрес залының жұмысымен танысты. Аталған нысанның құрылысына облыстық бюджеттен қаражат бөлініп, «Бауыр құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісімшарт жасалып, құрылыс жүргізілген болатын. Сөйтіп, ол өткен жылдың жаз айында пайдалануға беріліп, бүгінде жұмыс істеп тұр.

Жаңа нысанды тамашалап, оң баға берген депутаттар ауыл азаматтарының ұсыныс-тілектеріне де құлақ асып, айтқандарын назарға алды. Кездесу кезінде ауыл белсенділері негізінен интернет желісі сапасының сын көтермейтінін алға тартып, осы мәселенің оң шешімін табуына көмек көрсетілсе деген тілектерін жеткізді. Соңында алыстан ат терлетіп жеткен депутаттар кездесу барысында айтылған барлық ұсыныс-тілекке ден қойылып, күрделенген түйінді мәселенің тарқатылуына атсалысатынын айтты.

***

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Ғалиасқар Сарыбаев пен Амангелді Толамисов ЖАРКЕНТ өңіріне келіп, «AMANAT» партиясының мәжіліс залында аудандық және облыстық мәслихат депутаттарымен кездесті. Кездесу барысында алдымен Сенат депутаттары Жақында ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Сұлтан ДҮЙСЕМБИНОВ, Ғалиасқар САРЫБАЕВ пен Амангелді ТОЛАМИСОВ Жетісу облысына жұмыс сапарымен келіп, бірнеше ауданда және Талдықорған қаласында тұрғындармен кездесіп, ұсыныс-тілектерін тыңдап, ойларымен бөлісіп қайтты.

Ғалиасқар Сарыбаев пен Амангелді Толамисов қабылданған жаңа заңдар жөнінде әңгімеледі. Сонымен қатар, Сенаттағы халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Ғалиасқар Сарыбаев халықаралық жаңалықтарға да кеңінен тоқталды. Кездесу барысында жаркенттік мәслихат депутаттарының сауалдарына жауап беріп, ұсыныстарын жазып алды.

Жиында аудандық мәслихаттың депутаты Мақсат Сейітбек аудан халқына табиғи газ берудің қымбаттығын, депутат Арман Көпесбаев өңір халқының негізгі күнкөріс көзі жүгері өнімін шаруалардың тиімді бағада өткізе алмай отырғанын айтып, осы мәселелерді шешуге көмектесулерін сұрады.

Депутаттар басқосудан кейін Басқұншы ауылдық округіне қарасты Алмалы ауылының тұрғындарымен Елтінді батыр атындағы орта мектептің жиынжайында жолығып, бұл ауыл шаруалары үшін соңғы екі жылдан бері негізгі тауқыметке айналған жүгері өнімін өткізу мәселесі жөніндегі шағымдарын тыңдады. Бұл мәселені бақылауға алуға уәде етті.

Биыл 12 сәуірде Жаркент шегара отрядының құрылғанына ғасыр толады. Жаркент шегара отряды 1924 жылы 12 сәуірде құрылыпты. Содан бері еліміздің Оңтүстік-Шығыс шебін күзеткен шегарашылар алда ғасырлық тойын атап өтпекші. Сенаторлар Жоңғар Алатауының бөктеріндегі орталықтан шалғай орналасқан «Алмалы су» шегара бөлімшесіне де ат басын бұрып, ел шебін күзеткен жауынгерлердің де жағдайымен танысты.

***

Сенат депутаттары Сұлтан Дүйсембинов, Ғалиасқар Сарыбаев, Амангелді Толамисов арнайы іссапармен Жетісу жеріне келіп, бірқатар мекемелерді аралап, жергілікті белсенділермен жолықты.

Сенаторлар әуелі ТАЛДЫҚОРҒАН әкімдігінің ғимаратындағы мәжіліс залында қалалық мәслихат депутаттарымен кездесу өткізіп, сұрақтарына жауап беріп, ұсыныстарын тыңдады. Мәселен, Роза Ақжарқынова дәрі-дәрмектің бағасы аспандап бара жатқанын, одан бөлек, III топтағы мүгедектердің жағдайына қарай үй беру мәселесін көтерді. Ал Шалқар Оразбаев өңіріміздегі шаруалардың еккен жүгерісінің зая кеткенін айтып, депутаттарға қазіргі таңда интернет алаяқтардың көбейіп кеткенін, жетісулықтардың арасында 10 миллионнан 80 миллионға дейін алданғандар бар екеніне қосымша тоқталды. Білім саласы жөнінде Айжан Жұмаділова ұсыныс айтып, сауал қойды. Оның ұсынысы – мектепте жұмыс істейтін психологтардың санын көбейтіп, жалақысын өсіру, біліктілігін арттыру. Сонымен қатар, мектеп директорларының айлығы аздығын және олардың жалақысын көтеруді ұсынды. Әр сауал мен ұсыныстарды зерделеп отырған Сенат депутаттары министрлік арқылы шешілетін істі қағазға түртіп алса, кей пікірге бағыт-бағдар көрсетіп, сан-саласына тоқталды.

– Шаруалар жайына қатысты, білім жөніндегі айтылғандарды түртіп алдық. Елордаға барғаннан кейін барлығын түзіп, министрліктерге жеткізетін боламыз, – деді Ғалиасқар Төлендіұлы.

Сенат депутаттары Талдықорғанға келмес бұрын Панфилов ауданында болып, шегаралық аймақтың ахуалын біліп, шаруалардың жайын көрген болатын. Өзекті болып тұрған мәселе – жүгері. Бұл турасында Сенат депутаты Ғалиасқар Сарыбаев «Осы істі екіжақты қарауымыз керек. Жүгері өтпей жатыр. Өйткені нарықтағы бағасы түсіп кетті. Түрлі жағдай әсер етті. Ол көрші елдегі бағаның төмендеуі, одан бөлек, бізден осыған дейін жүгері алып келген Қытай елі Америкамен саудаласып, алдыртты. Бүгінде шаруалардың бұл мәселесін министрлік те, облыс басшысы да біледі. Бұған қатысты жұмыстар жүргізіліп жатыр»,– деді.

Артынша Ғалиасқар Сарыбаев пен Амангелді Толамисов жуырда іс бастаған адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Жетісу облысы бойынша өкілі Қанат Қарымсақовпен кездесіп, мекеме жұмысын көрді. Одан кейін облыстағы аумақтық қорғаныс «99285-ші әскери бөлімнің» резервтік бригадасының дайындығын бақылап, жұмылдыру дайындығы, азаматтық және аумақтық қорғанысты қамтамасыз ету басқармасының жұмысымен танысты. Сенат депутаттары Талдықорғандағы сапарын былтыр желтоқсанда ашылған 55 орынды Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығында түйіндеді.

– Бүгінгі көтерілген мәселелерді толықтырып, арнайы депутаттық сауал жолдаймыз. Әр жетісулықтың пікірі маңызды және сол бойынша қадам жасаймыз, – деді Амангелді Толамисов.

Жалпы былтыр Сенатта 92 заң қабылданған. Ал Жетісу жұртшылығынан түскен 64 өтініштің 60-ы орындалып, төртеуі әлі қаралып жатыр.

18 қаңтар,
бейсенбі
2024 жыл
№8 (19291)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisu

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

ШЕШІЛМЕЙТІН ТҮЙІН ЖОҚ





Суреттерді түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

■ Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға облыстың 7 тұрғыны жазылған. Олардың көпшілігі мемлекеттік тұрғын үй, жер мәселесі бойынша өтініш білдірді.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Қабылдауға бірінші болып Талдықорған қаласының тұрғыны, көпбалалы ана Гүлжан Дүйсенбекова кірді. Тәрбиелеп отырған бес баланың екеуінің мүмкіндігі шектеулі. Баспана кезегінде тұрғандарына 12 жыл. *«Баспана басты мәселеміз болып тұр. Былтыр кезегімді тексергенімде 600-ші болған едім, биыл 1500-ші болып тұрмын. Неге бұлай болғанын түсінбедім? Жолдасым әскери қызметте. Отбасы мүшелерінің санына қарай пәтерақы аламыз. Бірақ несие тарихымыз нашар болғандықтан ипотекаға пәтер ала алмай, жалдамалы пәтер жағалап жүрміз. Бес баламен көшіп-қону оңай болмай тұр. Пәтер алуға көмектессеңіз екен»,* – деген өтінішін білдірді көпбалалы ана.

Аймақ басшысы Бейбіт Өксікбайұлы заң талаптарына сәйкес үй кезегіне тіркелу 6 санат бойынша жүргізілуі тиіс болғанын, алайда тұрғын үй қатынастары заңнамасы бұзылып, 19 санат бойынша тізімделгендіктен бүгінгі күні біраз түсініспеушілік орын алғанын атап өтті.

– *Баспана тек заң талаптарына сай ғана беріледі. Заңды белшесінен баса алмаймыз. Заң талабына сай тұрғын үй кезегін 6 санатқа біріктіргеннен кейін кезек шамамен 3 есе артқа жылжыды. Сол себепті сіздің кезек те өзгерді. Бұл кемшілікпен жұмыс істеп, бір ізге түсірдік. Қазір электронды кезек арқылы бәрі ашық әрі қолжетімді жүргізілуде. Біз халықты баспанамен қамтамасыз ету бойынша өте қарқынды жұмыс істеп келеміз. Енді сіз ипотекаға пәтер алмай, келер жылы өз баспанаңызға қол жеткізесіз. Біз сіздің отбасыңызға көмек беру үшін барлық мүмкіндікті қарастырамыз. Өз қаражатына тұрғын үй салып беретін меценаттардың қолдауымен мәселеңіз көпке ұзамай шешіліп қалуы да мүмкін,* – деген облыс әкімі жауапты сала мамандарына барлық мүмкіндікті қарастыруды тапсырды.

Жер мәселесін көтерген кербұлақтық тұрғын Гүлмира Жанатаева маусым айында өткен ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге арналған конкурстың қорытындысына көңілі толмайтынын айтып, көмек сұрап келген. Мәселенің мәнісін толық тыңдаған облыс басшысы конкурсқа қатысты нақты шешімді сот шешетінін айтты. Көмек сұрап келген 7 баланың анасына заң тұрғысынан құқықтық көмек көрсетуді мамандарға тапсырды.

Сарқан ауданы Лепсі ауылында Халыққа қызмет көрсету орталығы филиалын ашу туралы мәселені Арынғазы Сыздықов көтерді. *«Құжат жасау үшін ауыл тұрғындары 300 шақырым жердегі аудан орталығына барады. Бұл ауылдастардың қалтасына да салмақ салады. Осы мәселенің мәнісін шешіп берсеңіз»,* – деген өтінішін жеткізді. Көтерілген мәселе бойынша аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев та Лепсі ауылына жақын орналасқан ауылдар мен разъездердің тұрғындарына қиындық тудырып отырғанын растады. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы директорының міндетін атқарушы Әсем Тұқатова қазіргі кезеңде мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі eGov порталы арқылы электронды форматта көрсетілетінін айтты. Меморандум арқылы «Қазпочта» АҚ қызметкеріне ХҚО маманының функцияларын беру мүмкіндігін қарастыруға болатынын жеткізді. Бірақ бәрібір Сарқандағы Халыққа қызмет көрсету орталығына күнде баратын курьер керек болады. Аудан әкімі курьерді көлікпен және жанар-жағармаймен қамтамасыз ету мәселесін шешуге уәде берді.

Талдықорған тұрғыны Қайырғали Кәрібаев тұрғын үйді жалдау шарты бойынша ай сайынғы төлем 2019 жылы 8 мың теңге, ал қазір 20 мың теңгеге көтерілгенін айтып, өзінің келіспеушілігін білдірді. Сонымен қатар, коттеджді қалашықтағы үй құрылысының тоқтап қалу себебін сұрады. Бірінші мәселеге жауапты қала әкімінің орынбасары Бауыржан Әбибеков ай сайынғы төлемнің өзгеруі үйлерді қабылдау актісіндегі тапсыру мерзіміне байланысты екенін айтты. Облыс әкімі жауапты тыңдаған соң қала әкімінің орынбасарына көтерілген мәселені терең зерттеп, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Қала тұрғынының екінші сұрағына жауап берген облыс басшысы құрылысы аяқталмаған 200-ден астам проблемалық коттедж үйлердің құрылысы тендер рәсімдері аяқталғаннан кейін басталатынын жеткізді.

Қоғамдық палата өкілдері Нұрлан Айшымбаев пен Нұрдәулет Жақыпов «Жерұйық-Өрлеу» коммуналдық базарының жұмысына қанағаттанбайтынын айтты. Олар саудагерлер тұратын жерді жалға алу ақысының қымбаттағанына, делдалдар мен алыпсатарлардың кесірінен азық-түлік бағасының қарыштап кеткенін, базар жұмысына тексеру жүргізу керектігін айтты. Қоғамдық палата өкілдерін коммуналдық базардың жекенің қолына өтіп кеткені де алаңдатады. Бұл мәселеге қатысты облыс әкімі Бейбіт Исабаев жүйелі тексеру, қадағалау жұмыстары үздіксіз жүргізілетінін, ауылшаруашылығы өнімдерін «егістіктен сатып алушыға» қағидаты бойынша әр апта сайын сенбі, жексенбі күндері жәрмеңкелер ұйымдастырылып, шаруалар өз өнімдерін тұрғындарға тікелей өткізе алатыны жіті қадағалауда екенін айтты. Сонымен қатар, сыйымдылығы 6 мың тонна көкөніс сақтау қоймасы мемлекет меншігіне қайтарылғанын жеткізді. Бүгінгі таңда қоймаға картоп, пияз, сәбіз толтырылған. Бұл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға көмектеседі. Тұрғындарға азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында бірнеше әлеуметтік дүкен ашылған. Жақын арада Талдықорған қаласында тағы бір әлеуметтік дүкен ашылмақ.

Қоғам белсенділері «Жеңіс», «Ардагерлер» саябағының жағдайына алаңдаулы. Облыс әкімі бұл мәселеге қатысты атқарылған істер туралы айтып, абаттандыру жұмыстарының ерекше бақылауға алынғанын, сапаға мән беріліп жүргізілетінін жеткізді.

Қоғамдық қабылдау соңында облыс әкімі Бейбіт Исабаев азаматтардан түскен арыз-шағымдар мен ұсыныстар заң аясында шешілетінін айтып, жауапты басшыларға тапсырма берді.

● МӘСЕЛЕ

Ет неге қымбат?



■ Ет сатып алушылар өндірушілерден көп табыс табады. Сондықтан да өнім құнының едәуір үлесіне делдалдар ие.

Қазақстан фермерлері қауымдастығы сатып алу бағаларының бес жылдан бері өзгермегенін мәлім етті. Десек те сауда нүктелерінде баға үнемі өсіп келеді. Мамандар да, фермерлер де бүгінде елде делдалдарсыз тікелей ет сату іс жүзінде мүмкін емес екенін айтады. Бұл бірнеше жылдан бері солай. Осы проблемалық мәселе Сенатта да көтерілген. Қазіргі кезде өндірілген өнімді тиімді сату көп фермердің бас ауруына айналды.

Қалай десек те мал өсіру – оңай шаруа емес, әрі ол біраз күш пен шығынды қажет ететін еңбек. Өндірушілердің айтуынша, ет тұтынушыға жетпей тұрып, бірнеше қолдан өтеді. Оның салдары өнімнің қымбаттауына әкеледі.

– Базардағы ет бағасы 3 мың теңге және одан жоғары. Фермер осы соманың ең көп дегенде небәрі 1200 теңгесін алатынын түсінулеріңіз керек. Дүкеннің сауда үстеме бағасы – 300 теңге, яғни, 10%-ды құрайды. Ал фермерден алған етті дүкенге немесе сауда нүктесіне жеткізгені үшін делдалға 1500 теңге кетеді, – дейді Қазақстан фермерлері қауымдастығы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Ермек Әбуов.

Фермерлердің пікірінше, сату мәселесі өндірушінің мойнына жүктелмеуі керек. Олардың басты міндеті өндіріс көлемін арттыру. ҚР Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиевтің сөзінше, сатып алушылармен күрес белсенді жүргізіліп келеді. Осыған байланысты былтыр мыңға жуық әкімшілік іс қозғалған. Алайда, қабылданған шаралар әлі де оң нәтижесін көрсетіп жатқан жоқ.

● ТУРИЗМ

Шаңғы-биатлон кешені салынады



■ Облыста шаңғы-биатлон кешені салынады. Ол Текелі қаласының сыртындағы Жоңғар Алатауының етегінде орналасады.

Спорттық нысан қысқы олимпиадалық спорт түрлерін дамытуға ғана емес, сондай-ақ, тау туризміне де серпін береді.

Текеліге демалысқа туристер негізінен жаз мезгілінде келеді. Ал қыс мезгілінде демалыс аймақтары көбіне бос тұрады. Шаңғы-биатлон кешенінің құрылысы бойынша үлкен мүмкіндіктер ашылуда.

Кәсіпкер Ермек Кеңесханұлы: «Маған тағы 20 сотық жер бөлінді. Шағын қонақүй салуды жоспарлап отырмын. Мұндай жобалар кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік береді. Шаңғы-биатлон кешенінің ашылуымен біз көп турист келеді деп күтудеміз, ал ол үшін тиісті сервис қажет», – дейді.

Жоба құны 15 миллиард теңгені құрайды. Оған 9 гектардан аса жер бөлінген. Мұнда бірнеше апатты, иесіз үйлер бұзылады. Тиісті инфрақұрылым да жүргізіледі.

Текелі қаласының сәулет және құрылыс бөлімінің басшысы Рүстем Болатұлының айтуынша, жобаны әзірлеумен «Астана азаматтық жобасы» ЖШС айналыспақ. Бұл жобада әкімшілік ғимарат, сондай-ақ 200 адамға арналған қонақүй салу жоспарланып отыр.

Шаңғы-биатлон кешені өңірдегі қысқы олимпиадалық спорт түрлері мен тау туризмін дамытудағы зәкірлік жоба саналады.

Алакөл маңындағы жазғы туризмге қажет инфрақұрылымды жүргізу үшін 60-қа жуық инвестициялық жоба іске асырылады. Ал Балқаш көлі жағалауын абаттандыруға үш жылда 30 миллиард теңгеден астам инвестиция бағыттау көзделген.

Таяу екі жылда Орталық Азияның ең биік сарқырамасы – Бұрқанбұлаққа апаратын жол құрылысы басталады. Оның ұзындығы 60 шақырымға жуық. Жобалық-сметалық құжаттаманы дайындауға 83 миллион теңге бөлінді.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Текелі қаласы

● КӨЛІК ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА

Орталық жұмысы қарқынды

■ Өткен жылы Алакөл ауданы, Достық ауылында іске қосылған ірі мультимодельді темір-жол көлік-логистикалық орталығының жұмысы қарқын ала бастады.

Қажет АНДАС

Жалпы аумағы 18 гектар жерде орналасқан 10 теміржол құрамы бар орталық қоймасына 800 вагон жүкті тасымалдауға, тауарларды орналастыруға болады.

ҚХР шегарасында орналасқан нысан Қазақстан мен Қытай, сондай-ақ, Еуразияның басқа елдеріне жүктерді тиімді және жылдам тасымалдауды қамтамасыз ететін заманауи кешен. Ал Қытай жағында Алашанькоу стансысында халықаралық өткел орналасқан.

– Аталған көлік-логистикалық орталық 200-ге жуық жергілікті тұрғынның тұрақты жұмысқа орналасып, қызмет атқаруына мүмкіндік берді. Мұндағы «ETT Dostyk» көлік-логистикалық орталығы тәулігіне 1200-ден астам TEU және теміржол арқылы 450-ге жуық вагонды өңдеуге қабілетті. Жалпы, үлкен кешен жылына 450 мың контейнер, жартылай вагондарда 250 мың тонна, жабық вагондарда 150 мың тонна жүк жөнелте алады. Алдағы уақытта орталық ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен серпін әкеледі, – дейді орталық басшысы Сергей Гордиенко.

Кешен аумағында қызметкерлер мен жалға алушыларға арналған кеңсе бөлмелері бар. Онда әкімшілік ғимарат, ауданы 1000 шаршы метр қойма, сыйымдылығы 800 TEU немесе 10 пойызға арналған 2 гектар контейнерлік алаң, финдік «konecranes» фирмасының 41 тонна жүк көтеретін 2 краны, әрқайсысының ұзындығы 1050 метр болатын алты теміржол (үш кең және үш тар жол) орналасқан. Кешен өз тұтынушылары мен серіктестері үшін сервис пен қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Достық ауылы
Алакөл ауданы

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

8 747 390 09 90

БҮГІНГІ САНДА:

● *Өзекті*



Декларациялау дегбіріңізді қашырмасын 2-бет

● *Сұхбат алаңы*



Нотариус жауапкершілігі жоғары 3-бет

● *Еркін сөйле*



Ұлт мұддесі маңызды 4-бет

● МЕЗГІЛ



БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ белдеуі орнатылады

■ «Қазақстан Республикасының аумағында уақытты есептеу тәртібі туралы» Үкімет қаулысына өзгерістер енгізілді. Өзгерістерге сәйкес 2024 жылғы 1 наурызда сағат 00.00-ден бастап елдің бүкіл аумағында бірыңғай уақыт белдеуі орнатылады.

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына 5-ші уақыт белдеуі (UTC+5) қолданылады. «Қазақстан Республикасының аумағындағы уақытты есептеу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы №1749 қаулысына енгізілген өзгертулерге сәйкес «Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері, Шымкент, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында және Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында 2024 жылғы 29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні (сағат 00.00-де) жергілікті уақытты 1 сағатқа артқа қою керек».

Бүгінгі таңда Қазақстанда UTC+5 және UTC+6 екі уақыт белдеуі бар. Ел аумағының көп бөлігі (батыс облыстарды қоспағанда) UTC+6 аймағында орналасқан.

Айта кетейік, Қазақстанда бірыңғай уақыт белдеуін орнатуды уақытты есептеу мәселелері жөніндегі жұмыс тобына кірген қазақстандық ғалымдар мен сарапшылар ұсынған.

Жұмыс тобы 2023 жылдың ақпанында қазақстандықтардың ең қолайлы уақыт белдеуіне көшу туралы бірнеше мәрте келіп түскен өтініштеріне байланысты құрылған. Оның құрамына ғылыми институттардың, медициналық жоғары оқу орындарының, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері, Парламент депутаттары кірді.

Өткен жылдан бастап медицина, физиология, география, метрология және басқа да түрлі салаларды қамтитын жұмыс тобының мүшелері Қазақстанда қолайлы уақыт белдеуін белгілеу мәселесін зерттеп келеді.

Жұмыс тобына қатысушылар UTC+5 бірыңғай уақыт белдеуіне көшу ең дұрыс және оңтайлы нұсқасы екенін және Қазақстанның көптеген аймақтары табиғи уақытқа ең жақын уақытты пайдаланатын болады деген ортақ пікірге келді.

Бұл ретте жұмыс тобы халықаралық тәжірибені саралап, әлемнің 175 елінде бірыңғай уақыт белдеуі қолданылса, 22 мемлекет бірнеше уақыт белдеуінде екен.

Сондай-ақ, сарапшылар бірыңғай уақыт белдеуін белгілеу еліміздің әр өңірінің тұрғындары арасындағы уақытша кедергілерді жойып, көлік және басқа да коммуникацияларды үйлестіруді жақсартып, бизнесті жүргізуге, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылына оң әсерін тигізетінін атап өтті.

Қаулы ресми түрде жарияланып, 2024 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚР САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ

● ТЕХНОЛОГИЯ

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

■ Бірнеше жыл бұрын І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанынан биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институты құрылып, жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуына мүмкіндік ашылған еді. Институт содан бастап ауқымды ғылыми жобалармен айналысып, біліктілігі мен техникалық мүмкіндігі арта түсті.



Қажет АНДАС

Заман талабына сай 2022 жылы институт биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылды. Бүгінгі таңда ғылыми-зерттеу институтының молекулалық генетика және геномика, биотехнология, экология бағытында 3 зертхана бар. Баспасөз туры аясында институттың мүмкіндігімен толық танысып, оның алдағы болашағына көз жеткіздік.

Жалпы, Жетісу өңірі аграрлы аймақ болғандықтан зертхана қызметкерлері ауылшаруашылығына қажетті өнімдерді зерттеп, дәнді дақылдардың жаңа түрін ойлап табумен айналысып жатқанын көрдік.

Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының молекулалық генетика және геномика зертхана меңгерушісі, PhD докторы, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының стипендиаты Қанат Ермекбаев:

– Ғылыми-зерттеу қызметі ДНҚ-ның соңғы технологияларын пайдалану негізінде өсімдіктердің күрделі белгілерінің генетикалық және физиологиялық механизмдерін зерттеу арқылы дақылдардың биотикалық және абиотикалық стресс факторларына төзімділігі мен икемділігін арттыруға бағытталған. Зертхана қазақстандық бидайдың өсуін бақылайтын гендерді анықтап, олардың экономикалық әсеріне генетикалық сандық бағалау жүргізеді. Сондай-ақ, «Қазақстандық астықты жақсарту үшін жаңа генетикалық ресурстарды әзірлеу» атты грант аясында астық шығымдылығының компоненттерімен байланысты гендердің экзотикалық аллельдерін іздеу үшін бір мезгілде төрт генетикалық картаны жасауға бағытталған, – дейді.

Бүгінде зертханадағы мамандар Қазақстанның генетиктері мен селекционерлеріне селекция циклін (алты есе) едәуір қысқартуға мүмкіндік беретін заманауи технологияларды бейімдеу бойынша қарқынды жұмыс атқарып жатқанын көрдік. Зертхананың техникалық базасы да соңғы кездері жақсара түскен. Заманауи зертханалық құрылғылар олардың ойға алған нәтижеге жетуіне үлкен мүмкіндік береді.

Әрине, бүгінде бидайдың сан түрлі тұқымы бар. Осы дақылдың тұқымын жетілдірумен айналысатын ғылыми-зерттеу институттары да жұмыс істейді. Дегенмен, олардың дені қазақстандық тұқымдарды бірбіріне шағылыстыру жолымен тұқым селекциясын дамытуды мақсат етсе, мұндағы мамандар қазақстандық бидай тұқымы мен еуропалық өнімділігі жоғары бидай тұқымын шағылыстыру арқылы жаңа түрлерді анықтауға бар күшін салуда. Тіпті, шетелдегі осы саланың ғалымдарымен тәжірибе алмасып, тығыз бірлесе отырып жұмыс істейді. Бірақ бір жаңа тұқым сортын дайындау ұзақ жылдық барысты басып өтеді дегені болмаса, осы зерттеу институтының өнімі уақыты келгенде жетісулық егіншілердің көптеген түйткілді мәселесін түбегейлі шешуге септігі тимек.

Ал институт жанындағы биотехнология және экология зертханасының жұмысы да қарқынды екен. Оған PhD докторанты, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының стипендиаты Сағыман Жадыра жетекшілік етеді. Олар Жетісу өңірінің аграрлық дамуына ықпал ететін микробиологиялық зерттеулер жүргізуге бағытталған. Ең бастысы, ашытылған сүт өнімдерін өндіруге, сондай-ақ, ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға бағытталған заманауи жобалары бар.

– Біздің басты мақсатымыз – тағамдық микробиология-жергілікті дәстүрлі ашытылған тағамдардың микробтық әртүрлілігін зерттеу арқылы жергілікті кәсіпкерлермен бірлесіп дәстүрлі ашытылған сүт өнімдері негізінде экологиялық таза, сапасы жақсы сүт сусындарын әзірлеу, – дейді Сағыман Жадыра.

Расында аймақта жыл сайын мал басы өсіп, өріс малға толып, сүт өнімдерін өндірудің көлемі де арта түскені анық. Сонымен қатар, базардағы дүкендерде сүт өнімдері толып тұр. Оның бірі отандық, енді бірі шетелден жеткізіледі. Демек, барлығы тұрғындардың ағзасына пайдалы, денсаулығына тиімді деп айту ерте. Себебі, оларды дайындаудың технологиясын қадағалау мүмкін емес. Ал аталған институт ғалымдарының зерттеу жұмысымен танысып шыққан соң олардың жетістігі облыста өндірілетін сүт өнімдерінің сапалы әрі қауіпсіз болатындығына көз жеткіздік. Мұнан өзге, Жетісу өңірінің аграрлық әлеуетін ескере отырып, топырақ микробиотасының өсімдіктермен өзара әрекеттесу механизмін зерттеу, микроорганизмдерді пайдалана отырып, қант қызылшасы, арпа, бұршақ сияқты дақылдардың өнімділігін арттыру бойынша қолға алынған жұмыстар, ауылшаруашылығы зиянкестері мен ауруларға қарсы биологиялық жаңа технологияларын жетілдіру барысындағы ұмтылыстары да аймақ халқының болашағы үшін жасалып жатқан серпінді жұмыстар деп білдік.

Университет ғалымдардың ғылыми жобаларын қаржыландыруға да баса назар аударатынын білдік. Осы арқылы жас ғалымдардың зерттеу жұмыстарына мол мүмкіндік беріп отыр. Қазір бұл бағыттағы қаржыландыру көлемі 500 млн. теңгеден асқан.

– Университетте 2023 жылы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру шеңберінде жалпы сомасы 124 млн. теңгеге 7 жоба, 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың неғұрлым перспективті жобаларын гранттық қаржыландыру шеңберінде 164 млн. теңгеге 1 жоба орындалуда. Сонымен қатар, гранттық қаржыландырудан бөлек өткен жылы 60 млн. теңгеге университеттің ғылыми құрылымдық бөлімдерінің 4 жобасы және «Jas ǵalym – 2023» жобасы бойынша 12 млн. теңгеге ғылыми жобалар орындалып жатыр. Қаржыландырудың жалпы сомасы 500 млн. теңгеден асты, – дейді университеттің басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры Алефтина Бахтаулова.

Несін жасырайық, осыған дейін жұрт назарында: «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті тек гуманитарлық бағытта білімгерлерді даярлайды» деген түсініктің қалыптасқаны анық. Алайда биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының бүгінгі таңдағы қол жеткізген нәтижесі және алдағы ауқымды жоспарлары бұл түсінікті жоққа шығарды.

● ҰЛТ ҰСТЫНЫ

■ *Бикен Римова атындағы облыстық драма театрында Дәнеш Рақышев атындағы облыстық филармониясының «Әнмен атқан таңдар-ай» атты ән кеші өтті. Дәстүрлі әншілердің концерті көптің көңілін көкке жеткізіп, жиналған жұрт ескі әнге шөлін қандырды. Театрдың төріндегі думан ескіліктен жаңалық жасап, есті дүниені еске салды.*



ӘНМЕН АТҚАН ТАҢДАР-АЙ

Театрландырылған концерт мюзикл жанрымен әрленіп, қазақы бояуды қанықтырып, салт-дәстүр, әдет-ғұрып атты қастерлі ұғымды ұлықтады. Ән-жырмен өрнектелген концерт көрерменнің дәстүрлі әнге деген сағынышын басып, жансарайын тербеді.

Сахнадағы көріністің мазмұны да бөлек. Қыз-жігіттердің ән-биімен бастау алған кеш серілер мен хас сұлулардың айтысымен жалғасын тапты. Махаббатқа масайған жастардың бір-біріне деген сезімін ән арқылы сездіріп, жүректеріне жол салды. Нұрғиса Тілендиев, Әбләхат Еспаев, Дәнеш Рақышев сынды қазақтың бағына біткен алыптардың туындысы мен қырғыз әндері кезек-кезек орындалып, кештің көркін қыздырды. Көз алмай тыңдаған халық та сахна емес, құдды солармен бірге жүргендей сезім кешті. Жанды дауыста айтылған әуезді ән, домбыраның көмейінен төгілген көркем күй, қыпша белді арулар билеген би, бәрі-бәрі ұйықтап жатқан сананы сілкіп оятып, көкірек көзін ашты. Ата салтымызбен шашылған шашу да бала біткеннің қуанышты күлкісіне куә қылды.

Аталмыш кеште ҚР Мәдениет саласының үздігі Бейбіт Мұсаев, Сая Есенгелдинова, Арафат Ысқақов, ҚР Мәдениет қайраткері Абылайхан Қармысов, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Бақберген Асқарбеков, Құралай Шаяхметова, Азамат Үмбетов, Эльмира Дәуренбекова сынды саз өнерінің саңлақтары әуелете ән шырқап, арасында сахналанған эпизодтық қойылым арқылы көпшіліктің жүрегіне жол тапты. Сондай-ақ, Көксу ауданынан келген Абылай Қожақов, Нұржан Батбақбаев, Заманбек Болатбекұлы, Еділ Исағұлов, Қайрат Мұқажанов сынды өнерпаздар ән-шашуын тарту етіп, кештің сәнін кіргізді. Думанды кештің шымылдығын «Тойбазар» әнімен жапқан өнерпаздар халықтың қошеметіне бөленді.

А. ӘБІЛТАЙҚЫЗЫ

АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ!

● НАУҚАН

Қамданған қапы қалмайды

Кербұлақ ауданы бойынша көктемгі дала жұмыстарына дайындық жүруде.

Ауылшаруашылығы дақылдарының егістік алқабы 114 362,6 гектарды құрайды. Оның 26 085 гектарына күздік бидай себілген. Қалғанына жаздық дәнді дақылдардың тұқымы себілмек, соның ішінде жаздық арпа, бидай, сұлы, дәндік жүгері, қарақұмық бар. Сонымен бірге майлы дақылдар мақсары мен күнбағыс және қант қызылшасы себіледі. Көктемгі дала жұмыстарына ауылшаруашылығы техникаларының дайындығы 95 пайыз. Қазіргі кезде трактордың 92, тұқым сепкіштің 96, қопсытқыштың 96, тырманың 100, соқаның 99 пайызы жөндеуден өтті. Аудан бойынша көктемгі дала жұмыстарына 868 тонна кепілді жанар-жағармай бөлінді. Оның әр литрі 250 теңгеден. Бір сөзбен айтқанда, күреңбелдіктер көктемгі науқанға сақадай сай. Жұмыс наурыз айынан басталады.

А. ЫБЫРАЙ
Кербұлақ ауданы

● МАЛ ҚЫСТАТУ



ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙДЫ

Табиғаттың тылсым құбылысына шектеу жоқ. Сондықтан да шаруалар қыстың көзі қырауда әуелі малдың амандығын ойлайтыны анық. Биыл қыста қар қалың түсті демесек, алакөлдік шаруаларға жайлы болғанын жұрт айтып жүр. Оған өткен жылы мал қыстату науқанына дайындық жұмысының тыңғылықты жүргізілгені де сеп болған.

Қажет АНДАС

Аудандағы шаруалар қыстан қиналмай шығу үшін былтыр 326,5 мың тонна жемшөп пен мал азығын дайындаған. Таратып айтар болсақ, 183,3 мың тонна шөп, 14,2 мың тонна пішендеме, 25,1 мың тонна сүрлем, 56,7 мың тонна сабан, 47,2 мың тонна жем төрт түлікті қыстан шығынсыз шығаруға толығымен жетеді. Бүгінгі таңда оның 89,2 мың тоннасы жұмсалған. Бұл дайындалған жемшөп, мал азығы қорының 23,6 пайызын құрайды. Әне-міне көктем келіп, жер кеңітінін ескерсек, жиналған қор артығымен жетеді.

Осындай өнімді еңбектің нәтижесінде аудандағы төрт түліктің саны да артып келеді. Биылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша ірі қара 73719 бас, қой мен ешкі 187979 бас, жылқы 33652 бас, түйе 643 басқа көбейген.

Мал басы өскен сайын өндірілген мал өнімінің көлемі де көбейе түскені байқалады. Өткен жылы алакөлдік шаруалар 21,9 мың тонна ет, 46,5 мың тонна сүт өнімін нарыққа шығарды. Әрине, қазіргі таңда техниканың дәурені жүріп тұрған кезең болғандықтан қолдағы шаруаны ширатып, алдағы жоспарларға сенімді жету үшін шаруашылықтардың заманауи техникамен жабдықталуын да назардан шығармау керек. Бұл жағынан да көш бастап келе жатқан алакөлдік шаруалар былтыр 34 дана ауылшаруашылығы техникасын сатып алса, жыл басынан бері тағы да 5 техника алдырып алдағы науқандық жұмыстарға дайындалуда. Бұл да төрт түліктің қамы үшін жасалып жатқан тірлік.

Алакөл ауданы

● МАЛ АЗЫҒЫ

Жемшөп жеткілікті

Жаз жантаймаған қыс қысылмайды. Мейлінше қауырт қимылдап, қажетті қор жасалғанның нәтижесінде биыл облыста жемшөп толығымен жетеді деп жоспарлануда.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, биылғы қысқы науқанға барлығы 2 205,5 мың тонна мал азығы дайындалған. Оның ішінде, атап айтар болсақ, шөп, пішендеме, сүрлем, сабан, жемдік астығы бар. Бүгінгі күнге дейін қордың 796,9 мың тоннасы жұмсалды.

Қазіргі уақытқа 1408,6 мың тонна мал азығы бар. 839,6 мың тонна шөп, 55,2 мың тонна пішендеме, 199,7 мың тонна сабан, 117,8 мың тонна сүрлем және 190,8 мың тонна жемдік астық сақталуда. Мал қыстауын толық азықпен қамтамасыз ету тұрақты бақылауда.

Еңлік БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



● ӨРЛЕУ

Маңдайалды шаруашылық

Ауданның ауылшаруашылығы саласын өркендетуге үлес қосып жүрген шаруашылықтардың қатарында «Арлан» ШҚ бар. Өнім көлемін жылдан-жылға арттырып келе жатқан қожалық бүгінде материалдық-техникалық жағынан нығая түскен.

1978 жылы Екіаша орта мектебін бітіріп, Талғардың ауылшаруашылығы техникумына түскен Қайратбек Бершімбеков үлкен отбасына тірек болуды мақсат тұтқан. Оқу бітіріп, әскери борышын да өтеген. Әскерден келген соң «Красный октябрь» ұжымшарына агроном-гидротехник ретінде қабылданды. Еңбек жолын бастаған 1983 жылдың 10-қыркүйегі әлі күнге есінде. Қайратбек Бершімбеков 1999 жылдың наурызында аудандық жер бөлімінен 700 гектар жерді заңдастырып, егін шаруашылығымен айналысуға кірісті. Аталған аумақтың 116 гектары суармалы, 141 гектары тәлімі алқап, қалғаны жайылымдық жер. Күздік бидай септі. Жаздық дақылдарға да көп орын берілді. Арпа-бидай көктеп өсіп, күзде дәні толықты.

Алғаш шаруа қожалығын қолға алғанда бір данадан ғана трактор, тіркеме, сепкіш, комбайны бар еді. Бағзы кездегі бір ұжымшардың меншігіндегі техникалар қазір де бар. Бүгінде қожалық шаруаға қажет техникамен толық қамтылған. Науқан қарсаңында жөндеуден өтіп, сапқа қойылады. Жұмысшылары да жеткілікті. 2009 жылы Қайратбек Сембіұлы басқаратын «Арлан» ШҚ асыл тұқымды қазақтың ақбас сиырын өсіруге ден қойды. Сол жылы-ақ 70 бас сиыр мен 3 бұқа сатып алып, іргелі шаруашылықтың іргетасын қалады. «Инвестжоба» бағдарламасы аясында жайылымдық жер алды. Бағзы бір қожалықтағыдай мұнда малшылардың тұрақсыздығы жоқ. Өйткені 8 малшының отбасы жағдайлы үйде тұрады, қора-жайы да жылы, қарауындағы мал басына қарай қомақты жалақы алады.



Жақсылық ИГІМАН

Қолдағы 250 бас қазақтың ақбас тұқымды аналық сиырының, бордақылау алаңында тұрған 110 бас ірі қара, 60 бас жылқының қыстан қысылмай шығуы үшін қожалық 2000 тонна пішен, 100 тонна арпа, 50 тонна бидай, 30 тонна жүгері дайындапты. Шаруашылық басшысы болашақта ірі қараны 1000 басқа, жылқыны 100-200 басқа жеткізуді жоспарлап отыр. Осы шаруаны небары 5 адаммен қолға алған. Бүгінде мұнда 28 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, отбасыларын асырап отыр. Бәрі өз жұмысын тиянақты атқарады. Жұмысшылар үшін ыстық тамақ ішетін асхана да қарастырылған.

– *Жұмыссыздық белең алды дейміз. Шынтуайтына келсек, жұмыс бар, жұмысшы жоқ. Қазір жұмыс істеймін деген адамға қай салада болсын сұраныс көп. Сондықтан жастардың ауыр жұмыстан қашпай, шаруашылықта атқарылатын істерді үйрене бергені абзал,* – дейді Қайратбек аға бүгінгі күннің өзекті мәселесін қозғап.

Еңбек адамды өмірге құлшындырады, еңсесін көтереді. Сол еңбектің көзін тауып, құрметке бөленуден артық не бар?! Осы асқақ сезім еңбекқор азаматты алға жетелеуде.

Сарқан ауданы

● АУЫЛ АМАНАТЫ

Игілігі мол жоба

Ақсу ауданы бойынша «Ауыл аманаты» жобасы аясында 91 жобаға 513,5 млн. теңге шағын несие беріліп, ауыл азаматтарының істерін ілгерілетіп отыр.

Тұрғындардың басым бөлігі мал шаруашылығы бойынша несиеге өтінім берген. Осы бағытта 87 тұрғын шағын несиеге қол жеткізді. Ауылшаруашылығы техникаларын сатып алып қызмет көрсетуге кооператив құрылып, бұл үшін 27,6 млн. теңге несие берілді. Жеңіл өнеркәсіп саласында кәсіп бастап, тігін цехы, аяққиім жөндеу орталығын ашуға 11,9 млн. теңгеге 3 тұрғынға шағын несие берілді. Солардың бірі Қарлығаш Тұмарбай осы жоба бойынша 4 млн. 800 теңге несие алды.

– 2008 жылдан бастап тігін тігумен айналысамын. Үй ауласында шағын тігін шеберханасы бар. Сол жерде тұрғындардың тапсырысымен көрпе-жастық, басқа да бұйымдар жасаймын. «Ауыл аманаты» жобасының ел үшін игілігі мол. Алған несиеге мақта түтетін, матрас тігетін автоматтандырылған заманауи құрал-жабдықтар сатып алдым. Сөйтіп, кәсібімді дамытудамын, – дейді Қарлығаш Тұмарбай.

Жергілікті жұртшылықтың жағдайын жақсартуға бағытталған жобаға қатысуға тілек білдірушілердің қатары көбеюде.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Ақсу ауданы

● ТІРШІЛІК КӨЗІ



Су – өндіріс өзегі

Аудандағы жүгері дақылының тұқымы алдымен суарылған жерге себіледі. Өсімдік одан кейінгі өніп, өсу кезеңдерінде де суды көп қажет етеді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Жүгері орта есеппен жетілгенінше 5-7, ал кейбір құмды, тастақ жерлерде 10 ретке дейін уақытылы суарылып тұруы тиіс. Өңірде өсірілетін басқа да дақылдардың суға деген сұранысы жоғары. Соңғы жылдары құрғақшылық пен су тапшылығынан, шаруашылықтардың көбеюінен су бөлуде күрделі мәселелер туындап, егіншілер қажетті мөлшерде суару жұмысын атқара алмай жүрген. Бұл мәселені аудандағы су шаруашылығы қызметкерлері қожалықтарға берілетін су мен уақытты тиімді пайдаланудың арқасында оң жолға қойды.

Алайда жыл өткен сайын бұрынғы су жолдары тозып, жарамсыздана бастағандықтан проблемалар туындап отыр. Бұған өткен жылғы жаз маусымындағы құрғақшылықтың салдарынан өзендердегі су мөлшерінің төмендеп кетуі де кері әсерін тигізуде. «ҚазСуШар» РМК Панфилов өндірістік учаскесі егін егетін шаруа қожалықтарымен келісімшарт жасасқан. Өңірде жалпы 37 940 гектар суармалы егістік бар, соның 26 мың гектардан астамына жүгері өсіріледі.

Туындаған су тапшылығына байланысты егіншілер алқаптарды тамшылатып және жаңбырлатып суару әдісіне көшуге талпынуда. Алайда жаңа технологияға көшу көп қаражат талап етеді. Сондықтан мамандар егін алқаптарын күзде суаруды қолға алу қажеттігі жөнінде кеңес беруде. Аудан бойынша күзде 27 мың гектардағы жүгері, көпжылдық шөп, басқа да дақылдар алқаптары суарылды.

Панфилов ауданы

10 ақпан,
сенбі,
2024 жыл
№18 (19301)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ:



● Президент **ХАЛЫҚ** табысын қарқынды өсіруге тапсырма берді



● **БЮРОКРАТИЯНЫ** тоқтату қажет



● Қайтарылған **ҚАРЖЫ** экономика игілігіне жұмсалады



● **ҰЛТТЫҚ** табысты әділ бөлудің жолын қарастыру



● Әкімдер жұмысын аймаққа салынған **ИНВЕСТИЦИЯ** көлемімен бағалаймыз



● Жемқорлықты тыюдың тиімді жолы – **ЦИФРЛЫҚ** технологияларға көшу



● **СУ** мәселесі – ұлттық қауіпсіздік мәселесі



● Жол құрылысына **ОТАНДЫҚ** компанияларды тарту қажет

● ӘЛЕУМЕТ

"ЖАРЫҚТЫҢ" ЖАРЫҒЫ ЖАН ЖЫЛЫТАДЫ



■ Мемлекет пен кәсіпкерліктің әріптестігі қағидаттары негізінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесетін «Жетісу» ӘКК билік пен бизнес арасында алтын көпір қызметін атқарады. Корпорация әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандырып, бірлескен кәсіпорындарды дамытуға және инвестициялар тартуға қатысады.

Гүлжан ТҰРСЫН

Жақында «Жарық» әлеуметтік дүкені пайдалануға берілді. Аталмыш сауда үйі бұрынғыларға қарағанда әлдеқайда кең және заманауи. Дүкеннің ашылуында Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Рүстем Бершінбеков сөз сөйлеп, алдағы уақытта мұндай дүкендер көптеп ашылатынын айтты. Дүкен сатушыларына тұрғындарға адал, мінсіз қызмет көрсетуді тапсырды.

«Жетісу» ӘКК мен «Свет-Ко» ЖК әлеуметтік дүкенді жаңарту және жабдықтау жұмыстарын сәтті аяқтады. Бөлмені күрделі жөндеуден өткізу арқылы тұрғындардың керек-жарағын тез тауып, еркін жүріп-тұруына мүмкіндік тудырды. Бұл дүкенде азық-түлік, тұрмыстық химия, сусындар және басқа да тауарлардың кең ассортименті жинақталды. Нарықтық бағадан 15-20%-ға төмен 18 тауар түрі ұсынылады. Мысалы, дүкендегі 1-ші санаттағы жұмыртқаның ондығы 445 теңгеден сатылады. Күнбағыс майының бір литрі 510 теңге. Күріштің келісі 340 теңгеден ұсынылуда. Картоптың келісі 110, пияздың келісі 70 теңгеден саудалануда.

Айта кетейік, қазіргі уақытта облыс бойынша ӘКК-нің 6 әлеуметтік дүкені бар. Оның ішінде Талдықорған қаласында 2 әлеуметтік дүкен, Үштөбе қаласында 1 әлеуметтік дүкен, сондай-ақ, «коммуналдық базарда», «әлеуметтік базарда» және «Көкбазар» сауда үйінде бірнеше сауда нүктелері жұмыс істейді. «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы халық тығыз орналасқан шағын аудандарда осындай форматтағы дүкендерді көптеп ашуды жоспарлап отыр.





Суреттерді түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

● «АУЫЛ АМАНАТЫ»

ҮМІТТІ АҚТАЙДЫ

■ Өткен жылы облысқа «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 3,2 млрд. теңге бөлініп, толығымен игерілді. Ал Талдықорған қаласы бойынша жалпы сомасы 142,8 млн. теңгеге барлығы 19 жоба мақұлданып, 14 жоба бойынша 103,8 млн. теңгеге 106 бас ірі қара мал, 360 бас қой мен ешкі, 65 жылқы сатып алынса, шағын және орта бизнесті дамыту мен арнайы техника алу бойынша 39,0 млн. теңгеге 5 жоба жүзеге асқан. Міне, осылай Талдықорған қаласының 19 тұрғыны «Ауыл аманаты» бағдарламасының игілігін көруде.

Қажет АНДАС

Соның бірі Өтенай ауылында тұратын Берік Дүйсенбаев бағдарламаға былтыр қараша айында өтінім беріп, жобасына 8 млн.теңге қаражат алып, өз ісін бастады. Сол қаражатқа арнайы құрал-жабдық, жұмыс станогын және керекті материалдар мен жиһазға арналған италиялық бояу сатып алған. Цехтағы барлық заманауи қондырғылар Ресей және Қытай елінен алынған.

Бүгінде 6 адамды жұмыспен қамтып отырған кәсіпкер үстел, орындық, жұмсақ материал мен темір бұйымнан үйге керекті жиһаз жасап, қолжетімді бағамен тапсырыс қабылдауда.

– Мұндай бағдарламаның берері мол. Біздер сияқты кәсібін енді бастап жатқандар үшін үлкен қолдау екені сөзсіз. Келешекте цех жұмысын кеңейтіп, тағы да жұмыс орындарын ашу жоспарымда бар, – деді кәсіпкер Берік Дүйсенбаев.

Өтенай ауылының тағы бір тұрғыны Гүлзира Тәуірбек «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша төмен пайызбен берілген 7 млн. теңгеге 100 бас саулық қой және оларға қажетті жемшөп сатып алып, өзінің жеке қоражайында бағып отыр.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасы тұрғындарға төмен пайызбен қолдау көрсетеді дегенді естіп, осы жобаға қатысуға ниеттендім. Құжаттарымды жинап, конкурсқа қатысып едім, жолым болып бизнес идеям қолдау тапты. Қазір сол қаржыға алған қойларды жұбайым екеуміз бағып келеміз. Жемшөп қорымыз толық. Бүгінде қойлардың алды төлдей бастады. Көктем шыға саулықтар толық төлдейді деген үміттеміз, – дейді Гүлзира Тәуірбек.

Ал Еркін ауылының тұрғыны, «Анысқан» жеке кәсіпкерлігінің жетекшісі Анысқан Гүншебай «Ірі қара малын бордақылау» бағыты бойынша алған 7 млн. теңге несиеге 14 бас бұқа, 5 бас сиыр сатып алыпты.

Ірі қара малын Еркін ауылының Қаратал көшесіндегі үйінің ауласынан салынған қорада бағып отыр.

– Бала күннен атакәсібіміз мал шаруашылығымен айналыстық. Бірнеше жылдан бері ірі қара, ұсақ мал сатып алып, қайта сатып келемін. Бірақ қаржымыз жеткіліксіз, қорымыз аз болғандықтан кірісіміз де мардымсыз еді. «Ауыл аманаты» бағдарламасымен жеңілдетілген несие алғалы қорамыз малға толып, кірісіміз еселене бастады. Бұйыртса, алдағы бір айдың көлемінде бордақылап отырған 14 бұқаны базарға шығарамын. Сиырлардың алды туа бастады, – дейді кәсіпкер Гүншебай.

Қыз-қыз қайнап жатқан қала тіршілігіне қан жүгіртіп отырған осындай игі істерді көргенде көңілденіп қалатының рас. Бағдарлама аясында цех ашқан, мал өсірген азаматтардың тіршілігін көріп, жұмысының қарқынын білгенде «Ауыл аманаты» бағдарламасының үмітті ақтай алатынына сендік.

Талдықорған қаласы



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

27 ақпан,
сейсенбі,
2024 жыл
№25 (19308)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisu

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● ШАПАҒАТ

ЖАНҒА ШУАҚ СЫЙЛАЙДЫ

Нысанның ашылуында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев нысанның тыныс-тіршілігімен танысты.

– Жыл басында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектерге жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үшін «Жан шуақ – Жетісу» қоғамдық бірлестігімен 3 жылға келісімшарт жасалды. Мақсатымыз мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтендіру және қоғамға, тәуелсіз өмірге бейімдеу болатын. Осыған орай, жобаны жүзеге асыруға облыстық бюджеттен қомақты қаржы бөлінді. Қолданысқа берілген бөлімше 18 жастан 35 жасқа дейінгі мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуде, – деді ол.



Мүмкіндігі шектеулі, әсіресе, психоневрологиялық аурумен ауыратындарды бейімдеуге бағытталған орталықтар ашу Мемлекет басшысының Жолдауында жиі айтылады. Бұл облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ тұрғындармен кездесуінде де ұдайы көтерілетін тақырып. Міне, жұрттың көптен күткен үміті ақталып, психоневрологиялық аурулармен ауыратындарға қызмет көрсететін күндізгі бөлімше облыста алғаш рет ашылды. Жаңа нысан Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі, 277 «А» үйіне орналасқан.

Қажет АНДАС

Екі қабатты ғимаратқа орналасқан бөлімшенің жағдайы жақсы, мүмкіндігі мол. Емдік дене шынықтыру залы велотренажер, жүгіру жолы құрылғыларымен бірге үстел теннисі, гантель, гир, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, гимнастикалық доп, тігін машинасы, тоқуға арналған жиынтықтар, жаттығуға арналған жгут, массаж креслосы, мәдени шаралар өткізуге арналған музыкалық аппаратура, маркер тақтасымен жабдықталған. Медициналық көмек көрсетуге және арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін мамандарға арналған кабинеттер заманауи құрал-жабдықпен толыққан. Демалуға арналған жатын корпусы керекті құралдармен қамтамасыз етілген.

Мұнда қызмет алушылар 4 мезгіл тамақтанады. Оңалту, емдеу, білім берумен қатар мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Дәрігерлік көмек көрсетіліп, әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша кеңес беріледі. Балалармен қатар отбасы мүшелеріне де психологиялық көмек жасалады. Арнайы оқу бағдарламасы бойынша білім алуына жәрдемдеседі. Еңбек дағдыларын қалыптастырып, тиісті әлеуметтік жеңілдіктер, жәрдемақылар алуға қатысты заңгерлік кеңес беріледі.

– «Жан шуақ – Жетісу» қоғамдық бірлестігінің жобасы облыс әкімінің қолдауымен, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының үйлестіруімен жүзеге асты. 30 орынға арналған бөлімшеге 18 қызметкер жұмысқа алынды. Оның ішінде психолог, дефектолог, мұғалім, жаттықтырушы, әлеуметтік қызметкер бар. Қызмет алушыларға тұрмыстық, медициналық, психологиялық, педагогикалық, еңбек, мәдени, экономикалық, құқық саласы бойынша қызмет көрсетіледі. Қызмет алушылар таңғы 9-дан кешкі 6-ға дейін орталықта болады. Оларды тасымалдау үшін 16 орынды автокөлік жалға алынды. Алдағы уақытта ауланы қоршап, жазғы демалыс орындары мен бассейн құрылысын салуды жоспарлап отырмыз, – дейді «Жан шуақ – Жетісу» қоғамдық бірлестігінің басшысы Гүлназ Тілеуберлинова.

Расында, психоневрологиялық аурумен ауыратын жастарды үйде қараудың өзі отбасы мүшелеріне үлкен салмақ түсіреді. Одан бөлек, олардың өмір сүру сапасы, қоғам өміріне қатысуы да қиын болары анық. Қаншама ата-ана ауру балаларды қараймыз деп мамандығы болса да жұмысқа шыға алмай үйде отырғанын есептей беріңіз. Аталған бөлімше ата-аналардың сол қиындығын жеңілдететін болады.

– Ата-ана ретінде алғысым шексіз. Бала қараумен үйде отырғаныма 15 жылдан асты. Олардың жүрегі таза, көңілі пәк болғанымен ортаға бейімделуі қиын. Қонаққа, кездесулерге бара алмай қаламыз. Мамандығым мұғалім болғанымен бала қараумен жұмыс істей алмадым. Қазір зейнеткермін, жұмыс өтілім болмағандықтан зейнетақым да дұрыс болмады. Қазір қаншама жас ата-ана мен секілді күй кешіп жүр. Сондықтан осындай орталықтар көбірек ашылса, олардың да өз қалауымен жұмыс істеуіне мүмкіндік болар еді, – дейді Талдықорған қаласының тұрғыны Ләззат Арыстанова.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында көрсетілген тапсырмасына орай қоғамдық бірлестіктерді тіркеу тәртібі жеңілдетілді. Себебі, бүгінгі таңда үкіметтік емес ұйымдардың жобалары көптеген түйткілді мәселені шешуге мүмкіндік ашуда. Жаңадан ашылған орталық та солардың қатарында.

– Жаңа орталықтың ғимаратын жөндеу, техникалық жабдықтау, абаттандыру жұмысын бірлестік өз қаржысымен жүргізеді. Ал басқарма тарапынан 4 уақыт тамағы, басқа да шығындары үшін әр балаға күніне 5,500 теңге мемлекет есебінен төлеп отырамыз. Бұл мемлекетке жеңілдік, қоғамдық бірлестіктің жұмысын ілгерілетуге дем береді. Алдағы уақытта осындай қоғамдық бірлестіктердің жұмысын жандандыру керек, – дейді Ермек Мизамбаев.

Басқарма басшысы алдағы уақытта осындай орталықтарды ашу туралы Алакөл, Сарқан, Панфилов, Қаратал аудандарынан өтініштер түсіп жатқанын жеткізді.





Суреттерді түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

● НАУҚАН

ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Көктем шықса тіршілік атаулы түлейді. Дәл осы шақта дала жұмыстары да жанданады. Әсіресе, диқан қауымының жұмысы қыза түседі. Жердің тоңы кетіп, жер жырту, бау-бақша егу жұмыстары үлкен еңбекті талап етеді. Сондықтан да облыс көктемгі егістік жұмыстарына дайындықты жоспарлы түрде жүргізіп келеді.



Еңлік КЕНЕБАЙ

Ауылшаруашылық басқармасының берген мәліметіне сүйенер болсақ, көктемгі егістік үшін 277,9 мың гектар жер жыртылып, 403,9 мың гектар жаздық дақылдар себіледі деп жоспарлануда. 126,0 мың гектар сүдігердің ылғалы жабылып, 120,9 мың гектар өткен жылғы көпжылдық шөптер мен күздік дақылдар тырмаланады.

Қажетті 57,7 мың тонна жаздық дақылдар тұқымы толығымен дайындалды. Оның ішінде 33,4 мың тонна дәнді, 10,1 мың тонна майлы дақылдар болса, 13,4 мың тонна картоп, 0,8 мың тонна азықтық бар.

Ауылшаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып биылғы минералдық тыңайтқыштарды қолдану көлемі 49 мың тоннаға дейін ұлғайтылды. Бүгінгі таңда облыстағы барлық шаруашылық өкілдері 7 мың 491 тонна тыңайтқыш сатып алды. «Казфосфат» ЖШС-нің қоймасында 1 мың 700 тонна минералды тыңайтқыш сақталуда.

Қазіргі уақытта шаруашылықтармен қажетті минералды тыңайтқыштарды сатып алу бойынша «ҚазФосфат», «КазАзот», «КосАгрокоммерц», «Агромарт» ЖШС және басқа да жеткізушілердің өкілдерімен келісімшарт жасау жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта облыс шаруалары үшін тыңайтқышқа қатысты ешқандай мәселе туындамайды.

Көктемгі дала жұмыстарына «Кең дала» бағдарламасы бойынша 950 миллион теңге несие бөлінді. Бүгінде 1 миллиард 202,0 миллион теңгеге 68 шаруашылықтан өтінім түсті. Облыс аумағындағы 37 шаруашылыққа 548,1 миллион теңге несие берілді. Сонымен қатар, 4124 тонна дизель отыны бөлінді. Облысқа жауапты оператор болып «GASSOILM.A.» ЖШС тағайындалды. Дизель отыны жеткізуді қоса алғанда 1 литріне 250 теңге болып бекітілді.

Облыс аумағындағы көктемгі дала жұмыстарына 20 мың 109 бірлік техника жұмылдырылады. Оның ішінде 9 мың 7 трактор, 2 мың 659 соқа, 470 сепкіш, 791 қопсытқыш, 6 мың 182 жер тырмалары бар. Қазіргі уақытта 18 836 бірлік техника жөндеуден өтіп, дайын тұр.

Егіншілікті қолға алып, оның мол жемісін алу азықтүлік тапшылығын болдырмауға, өнімдердің нарықтағы бағасын тұрақтандыруға үлкен әсерін тигізеді. Көктемгі егіс жұмыстары оң нәтиже беріп, диқандар қауымының қамбасы биыл да дәнге толарына сенім мол.

ТАҒАЙЫНДАУ

Жетісу облысы әкімінің өкімімен Айдар Маусымбайұлы Кибаев Жетісу облысының жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Айдар Маусымбайұлы КИБАЕВ



1968 жылы туған. Жоғары білімді. Қазақ Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясын юриспруденция мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын Киров аудандық автобазасында жүргізуші болып бастады.

Әр жылдары Алматы облысының төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасының Талдықорған аймақтық орталығының кезекші диспетчері, Талдықорған қалалық ТЖ басқармасының жетекші маманы, бас маманы, бөлім басшысы, Алматы облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бас маманы, Алматы облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және авариялар мен табиғи апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының бас маманы, Ескелді ауданы әкімі аппаратының жалпы бөлімінің, жалпы және қаржы шаруашылық бөлімінің әскери-жұмылдыру жұмыстары, бастапқы әскери дайындық, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы, Алматы облысы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің бас маманы, Жетісу облысы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің бас инспекторы лауазымдарын атқарды.

2022 жылдың тамызынан – Жетісу облысы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің басшысы.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

БҮГІНГІ САНДА:

● Сараптама



Ауыл мен қала арасы, бар мен жоқтың бағасы — 2

● Сұхбат алаңы



Бюджет қаражаты қалай жұмсалды? — 3

● Руханият



Журналдың жаңа белесі — 4

● ЖОЛДАУДА КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕ

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС ҮЛЕСІ МОЛАЯДЫ

Облыс автожолдарының жалпы ұзындығы 3988 шақырымды құраса, оның 2732,1 шақырымы облыстық маңызы бар автожол санатында. Өткен жылы бұл салаға 9,2 млрд. теңге қаражат бөлініп, игерілді. Нәтижесінде облыстық маңызы бар автожолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 93 пайызға жетті. Биыл аталған салаға 20 млрд. теңге қаражат бөлінген. Демек, аймақтағы жол сапасы жақсара түседі деген сөз.



Қажет АНДАС

Мемлекет басшысы 2022 жылы облысқа келген жұмыс сапарында облыс әкіміне үш жыл ішінде апатты 15 көпірге күрделі жөндеу жұмысын жүргізуді, сонымен қатар, Балқаш көліне дейінгі автомобиль жолдарын жөндеу жұмысын аяқтауды тапсырған еді.

– Былтыр облыстық маңызы бар автожолдардың бойына орналасқан 5 көпірге күрделі жөндеу жұмысы басталып, 2 көпір пайдалануға берілсе, 3-і биыл қолданысқа беріледі. Ал 10 көпірдің құжаттарына қайта түзетулер енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде, – дейді облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ғалымжан Дәрібаев. Сол сапарында Мемлекет басшысы облыстың туристік кластерін дамыту мақсатында іске асырылатын Балқаш көлінің жағасына апаратын 137 шақырым автожолды қайта жаңарту жұмысына да назар аударғаны белгілі. Яғни, «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автожолының құрылысын «Жол» ЖШС, «Лепсі – Балқаш көлі» автожолының құрылысын «Қазстройцентр» ЖШС жүргізуде. Бүгінде асфальт-бетон жабынын төсеу толығымен аяқталып, жол бойын абаттандыру жұмысы жүргізілуде. Биылғы шомылу маусымына дейін жол құрылысы толығымен аяқталады деп күтілуде.

Бүгінде жол-көлік оқиғаларының алдын алу күн тәртібіндегі мәселеге айналды. Өткен жылдары облыстық маңызы бар автожолдарда жол-көлік оқиғасын болдырмау мақсатында 17 дана бейнебақылау камерасы, 87 жол белгісі, 321 шулы жолақ, 12 бильборд, 1 шақырымға жуық металды тосқауыл және 10 жаяу жүргіншілер өткелінде қызыл-көк түсті жарық маяктары орнатылды. Биыл облыстық маңызы бар автожолдардың 22 теліміне 45 дана бейнебақылау камерасын орнату көзделуде. Қазіргі таңда сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Автожолдарды қысқы күтіп ұстауға да ойдағыдай көңіл бөлінуде. Былтыр жергілікті бюджеттен қомақты қаржы қарастырылып, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті 8 мекеме, 84 мердігер ұйым жұмыс атқарды. Облыстың маршруттық желісі 72 автобус бағытын қамтиды. Оған 18 тасымалдаушы, 330 жылжымалы құрам қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, 31 әлеуметтік маңызы бар қатынас тиесілі. Олардың бәрі жергілікті кәсіпкерлік нысандары арқылы жүзеге асады.

Осы тұста қоғамдық көлікте көпбалалы аналарға жеңілдік берілсе, студенттер мен оқушылардың облыс орталығының қалаішілік бағыттары бойынша тегін жол жүруі қаржыландырылған. Сонымен қатар, демеушілік ретінде көру және есту қабілеті бұзылған I және II топтағы мүгедектігі бар тұлғаларға, ауған-тәжік соғысының және Таулы Қарабақ соғысының ардагерлеріне өткен жылы 600 тегін жол жүру билеті үлестірілсе, биыл 735 билет ұсынылды. Бұл да отандық кәсіпкерлердің тұрғындарға көрсеткен үлкен қолдауы деуге болады. «Алматы –Үшарал – Алматы», «Астана – Үшарал – Астана», «Талдықорған–Үшарал – Талдықорған» бағытындағы әуе жолдарында «Скат», «Қазақ Эйр» сияқты отандық компанияның рейстері жолаушыларды тасымалдайды.

Былтырдан бері «Мойынты – Достық» теміржол учаскесінің екінші жолының құрылысы басталды. Облыс аумағынан өтетін учаскенің ұзындығы 451 шақырым. Инвестиция көлемі 293 млрд. теңгені құрайды. Осы жобаның құрылыс жұмысын отандық компаниялар атқарса, жұмысшылары жергілікті тұрғындар, пайдалануға берілген соң жерлестеріміз жұмысқа орналасады.

Осы тұста «Облыстағы ауқымды істерді кімдер жүргізіп жатыр?» деген сұрақтың туындауы да мүмкін.

Облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының ақпаратынша, облыстық маңызы бар автожолдардың құрылысы мен жөндеу жұмысына «ЖОЛ» ЖШС, «АБЗ Карьер ДРСУ» ЖШС, «Алакөл жолдары» ЖШС, «Талдықорған жолдары» ЖШС, «Қазқұрылысорталығы» ЖШС, «Гордорстрой» ЖШС және басқа да жергілікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер атсалысады. Сонымен қатар, жол құрылысына отандық кәсіпорындар өндірген материалдар қолданылады.

Дегенмен, облыстық басқарма тарапынан автожолдарды күтіп ұстау және жөндеу бойынша мемлекеттік тапсырыстарды орындауда мердігер мекемелердің жұмысына талап, бақылау күшейтілген.

– Мердігер ұйымдардың орындайтын жұмыс сапасын бақылау басқарма, мердігер мекеме, техникалық қадағалау, авторлық бақылау және «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» РМК Алматы облысы бойынша филиалының қатысуымен жүзеге асады. Өткен жылдан бастап орташа жөндеу жұмысына техникалық қадағалау ұйымдары қатыстырылды. Бұдан бөлек, аудандық маңызы бар жолдар мен ішкі көшелердің техникалық құжаттамасы Ұлттық сапа жол активтері орталығы арқылы тексерістен өтіп, ведомстволық сараптаманың қорытындысын алады. Бұл өз кезегінде жобаның негізсіз қымбаттауының алдын алады, – дейді басқарма басшысы.

Демек, облыстағы жол құрылысындағы отандық кәсіпкерлерге мүмкіндік, отандық материалдарға басымдық берілетін жақсы жағдай қалыптасқан. Бұл ұмтылыс басқа саладағы ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүріп, алыстан арбалайтындардың қадамына тұсау салады деп үміттенеміз.

● БРИФИНГ

Апаттық үйлердің саны азайды

Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінің ақпараттық алаңында Талдықорған қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Айдос Жақыпбек шаһардағы көпқабатты үйлерді ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізу, апатты саналатын үй тұрғындарын жаңа баспанамен қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстарды таныстырды.

Оның айтуынша, Талдықорған қаласында 852 көпқабатты тұрғын үй бар. Соның ішінде 203 көпқабатты тұрғын үйдің шатырын ауыстыру керек. Биыл 30 үйдің шатырына ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізу жоспарлануда. Сонымен қатар, «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес, Жаңғырту бағдарламасы аясында 20 көпқабатты тұрғын үйдің шатырына күрделі жөндеу жүргізіледі.

– Қазіргі таңда, Талдықорған қаласы бойынша 19 апатты үй, яғни 125 пәтер реновация бағдарламасына енгізілген. Апатты үйлердің меншік иесіне пәтер сатып алу үшін «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» мемлекеттік бағдарламасының негізінде «Талдықорған қаласының тұрғын үй қорын 2022-2025 жылдарға арналған реновациялау бағдарламасы» әзірленіп, бекітілді. Осы тұста 2022 жылы Кивилев көшесіндегі №1, 2, 3, 4 үйлердің тұрғындарына 32 пәтер сатып алынып, табыс етілді. Талдықорған қаласында тағы да 15 апатты үй 93 пәтер бар, – дейді Айдос Молдашұлы.

Бюджетке үлкен жүктеме түспеу үшін қала әлеуеті инвесторлар есебінен тұрғындарды көшіру мәселесін пысықтапты. Нәтижесінде Шевченко көшесіндегі 1 үй (барлығы 8 пәтер) бойынша инвестициялық келісім туралы шарт жасалған. Демек, аталған көшенің №133 үйінің тұрғындары тамыз айына дейін жаңа пәтерлерге көшеді. Осы тұста Абылайхан көшесі, №361 үйдің иелері (барлығы 6 пәтер) реновация бағдарламасына қатысудан бас тартқаны да сөз болды.

Айта кетерлігі, қаладағы 13 апаттық үйдің (79 пәтер) иелерін көшіру жұмысы былтыр басталып, 32 пәтер сатып алынып, тұрғындарға табысталды. Оған жергілікті бюджеттен қомақты қаражат жұмсалды. Қалған 47 пәтер биылғы 2 тоқсанда бюджет қаражаты есебінен қайтадан тұрғын үй пәтерлерін сатып алу тәсілімен қамтамасыз етілмек.

Жоғарыда аталған 47 пәтердің тек 30-да ғана құқық белгілейтін құжат болса, қалған 17 пәтердің ешқандай құжаты жоқ. Сондықтан бос тұрған үйлердің иесін анықтау жұмысы жалғасуда. Десе де осы апатты үй иелерін жаңа пәтерлермен қамтамасыз ету мақсатында 560,0 млн. теңге қажет. Бұл туралы бюджеттік өтінім беріліпті.

Шара соңында Айдос Молдашұлы журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Қ. ОМАРАҚЫН

● КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕҢ ӨРІС

ҮЛКЕН СЕРПІН БЕРЕДІ

Бөлшек салық мөлшерлемесін төмендету туралы мәселе облыстық кәсіпкерлер палатасында бірнеше рет талқыланып, нәтижесінде кәсіпкерлердің пайдасына шешілді.

Кәсіпкерлер палатасы бизнес субъектілерінің өтініштері негізінде осы бағытта жұмыс жүргізді. Аталған мәселе бойынша кәсіпкерлердің жергілікті атқарушы билік өкілдері және депутаттармен алғашқы кездесуі былтырғы көктемде өткен. Содан кейін халық қалаулылары салықтар шынымен жоғары деп санап, оны төмендетуге байланысты кәсіпкерлерді толық қолдады.

Сол кезде олар бизнес-қоғамдастықпен ынтымақтаса отырып, салық мөлшерлемесін төмендету аймақтағы кәсіпкерліктің белсенді дамуына ықпал етіп, кірістерді көлеңкеден шығаруға мүмкіндік беретінін айтты. Осылайша, салық мөлшерлемесін төмендетуге Талдықорған және Текелі қалаларының, Алакөл, Ескелді, Сарқан, Ақсу, Көксу, сондай-ақ Қаратал, Панфилов аудандарының депутаттары бірауыздан дауыс берді.

Айта кетейік, Қазақстанда бөлшек салықтың арнайы салық режимі 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ретроспективті түрде енгізілді және тұрақты негізде қолданылады. Оны жұмыскерлер саны 200 адамнан аспайтын, ал табысы күнтізбелік жылға 600 мың АЕК құрайтын кәсіпкерлер қолдана алады. Бизнесті дамытуға, ашық жұмыс істеуге мүмкіндік беретін салықтық жеңілдіктер беріледі.

Биыл 15 қаңтардан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бөлшек салық үшін қызмет түрлерінің тізімі 190-нан 364-ке дейін ұлғайтылды. Бұл тауарлардың түпкілікті бағасын төмендетуге және бизнеске салық жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Өткізілген жұмыс барысына түсініктеме берген сауда кеңесінің төрағасы Еділ Қазақпаев *«Кәсіпкерлер палатасы бөлшек салық мөлшерлемесін төмендетуге түбегейлі ұмтылды және біз өкілді органдарымызды салық жүктемесін азайту қажеттілігіне сендіре алдық. Бұл режимге – «бөлшек салық» ЭҚЖЖ бойынша қызмет түріне байланысты кез келген ЖК немесе ЖШС ауыса алады. Қазіргі уақытта қызмет түрлері 364-ке дейін кеңейтілді, болашақта салық салушылар бұл тізімді одан әрі ұлғайтуға үәде берді»*, – дейді.

Сонымен бірге, оң үдерістерге қарамастан, облыстың екі ауданында бөлшек салықты төмендету мәселесі шешілмей қалды. Кербұлақ және Панфилов аудандарының депутаттары егер бизнес кездесуіне барсақ, бюджетке түсетін салық түсімдері күрт төмендейді деп қауіптенеді. Өңірдің бизнес-қауымдастықтары егер бөлшек салық мөлшерлемесі өзгеріссіз қалса, онда кәсіпкерлер «көлеңкеге» кетуге мәжбүр болады деп ескертеді. Олар өз бизнесін ең төменгі мөлшерлеме қабылдаған өңірлерде жалғастырады. Осылайша, бұл сол өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін. Мөлшерлемені төмендету – кәсіпкерлердің ашық жұмыс істеуіне жол ашады.

Кербұлақ және Панфилов аудандарының депутаттары осы мәселеге мұқият қарауы тиіс. Кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері бұл жағдайды әлі де талқылауға арналған алаң болуға дайын екенін айтады.

Қорыта келгенде, бұл мәселеге осы жылдың 31 наурызына дейін нүкте қойылуы тиіс. Кәсіпкерлер әлі де өкілді органдардың қолдауына мұқтаж. Өйткені, олардың табысты қызметі жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлерден салық түсуіне және халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына үлкен серпін береді.

ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

● ӨРЛЕУ



Медициналық бұйымдар шығарады

Кәсіпкерлікті дамыту үшін жылдық 8% мөлшерлememен несие алу бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде мүмкін болады.

«Сарқыт» жеке кәсіпкерлігінің жетекшісі Сарқытжан Аманбайқызының кәсіпкерлікпен айналысып келе жатқанына төрт жыл. Оның бизнесі тендерлер мен мемлекеттік сатып алуларға қатысудан басталды. Ол бастапқыда бетперде, қолғап сияқты тауарларды медициналық колледжге жеткізуші ретінде танылды. Кейіннен бұл компанияға аталмыш оқу орнынан медициналық манекендерді жеткізу туралы ұсыныс түсті.

Осыған байланысты Сарқытжан Аманбайқызы нарықты зерттеп, нәтижесінде оған медициналық манекендер шығару туралы ой келді. Сөйтіп, ол өнім өндіруге қажет жабдық пен шикізат сатып алып, инъекцияға арналған манекендер шығара бастады. Медициналық колледж қызметкерлері алғашқы манекендерге оң баға берді. Қазір компания инъекциялық манекендерді ғана емес, басқа да заттарды шығарады.

«Мемлекет тарапынан жасалған қолдау басталған істің жанданып, дамуына зор ықпалын тигізді. Субсидиялаумен қатар «Даму» қорының несие сомасының 85% мөлшеріндегі кепілдігі көмектесті»,– дейді Сарқытжан Аманбайқызы.

«Сарқыт» компаниясы инвестицияларға «Банк ЦентрКредит» АҚ-нан несие алды. «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба» бағдарламасы аясында олар субсидиялау құралы бойынша пайыздық мөлшерлемені 8%-ға дейін төмендетті. Бүгінде компания өнімдері сұранысқа ие және медициналық мекемелерде оқыту мен зерттеу жүргізу үшін кеңінен қолданылады.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Талдықорған қаласы

●ЖАЙДАРМАН

«ЖАМАНТЫДА» ЖАҢА СУ ҚОЙМАСЫ САЛЫНАДЫ

Ауыл тұрғындарының үміті ақталатын болды. Енді 1-2 жылда жаңадан салынатын су қоймасы көктұмалықтардың басын ауыртқан мәселені түбегейлі шешіп тастайды. Өткен аптада су қоймасын салуға қатысты жұмыстарды тексеруге келгендер Жаманты өзенінің бойын аралап, зерттеу жұмысын жүргізіп қайтты.

Қажет АНДАС





Суреттерді түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

– Алдағы 5 жылда Жетісу облысында 7 су қоймасы, 1 бөгет салу жоспарлануда. Соның бірі Алакөл ауданының Ырғайты ауылдық округіне қарасты Жаманты өзенінен су қоймасын салу қарастырылып отыр. Осыған орай, су қоймасы салынатын жерді нақтылап жатырмыз. Жалпы, су қоймасына 10 млн. текшеметр су жиналатындай етіп салу жоспарда. Сонда ғана осы өңірдегі суға қатысты мәселелер толығымен шешімін табады. Жоспарға сай биыл техникалық негіздемесін жасап, жобалық-сметалық құжаттамасын дайындап, келесі жылы су қоймасын салу жұмысына ресми кірісеміз, – дейді облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Бахтияр Шампиков.

Алакөл ауданында сонау 1920 жылдары Есіркеп тоғаны, Ақтоған, Қаратоған деп аталатын каналдар қазылып, өңір халқының егін шаруашылығымен айналысуына ықпал етті. Кейін 1975 жылы Тентек өзенінен бөгет салынып, бұрынғы каналдар ірі суару жүйесіне айналды. Өткен жылдан бері Тентек бөгетін қайта жаңғырту жұмысы қолға алынып, суармалы алқаптың көлемі ұлғая түсті.

– Қазір ауданда 30 мың гектардан астам суармалы жер бар. Оны Тентек бөгетінің оң және сол жағалауы арқылы қамтамасыз етіп келеміз. Бұл өңір тұрғындарының қант қызылшасымен айналысуына да мүмкіндік тудырды. Алайда, Тентектің суы жетпейтін жерлерде жазды күнгі егін суару кезінде су тапшылығы орын алады. Әсіресе, бұл жағдай Ырғайты ауылдық округіне қарасты Ақши мен Көктұма елді мекендерінде анық байқалады. Егер Жаманты өзенінен су қоймасы салынатын болса, аталған ауылдардағы суармалы жер көлемі тағы да 5 мың гектарға ұлғаяды. Бұл өңір экономикасын өркендетіп, тұрғындардың адал еңбегімен нәпақа табуына мүмкіндік береді, – дейді Алакөл аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Манатбек Рысбеков.

Ақши мен Көктұма аумағынан тоған қазып, су шығарып, тау етегіндегі сары жазыққа жайқалтып егін өсіріп, игілігін көру бұрыннан бар тәжірибе. Кезіндегілер тауды бөктерлей тоған қазып, Жаманты өзенінен су шығарған екен. Оны жұрт бүгінге дейін «Сарықамыстың тоғаны» деп атайды. Кейін су тасқыны салдарынан жер көшкіні орын алып, тоғаннан су жүрмейтін болыпты. Содан бастап осы өңірдің тұрғындары су тапшылығын сезе бастаған. Кейінгі жылдары өзен суының азаюы су тапшылығын тіпті көбейтіп жіберген. Қазір тек өзеннен Кеңес кезінде салынған канал арқылы келетін су 4 мың гектарға жуық егісті суғаруға ғана жетеді. Есесіне, канал суын егіске бұрса, ауыл тұрғындары ауласындағы азын-аулақ көкөнісін суара алмай қиналады. Суды ауылға бұрса, егіс алқабына су жетпейді. Сондықтан жергілікті жұрт Жаманты өзенінен су қоймасын салу мәселесін біраз жылдан бері жиі көтеріп келеді.

Көктұма ауылының ақсақалы Жарылқасын Қалдыбаев:

– Жаманты – бұрын өткел бермейтін ағысы қатты, суы мол, үлкен өзен болатын. Бала кезімізде Жаманты өзені тасығанда ары-бері өтудің өзі қиындық тудыратын. Қазір өзеннің арыны қайтты, суы азайды. Соның салдарынан жаз айларындағы егін суару науқаны басталғанда су тапшылығы білінеді. «Жаманты өзенінен су қоймасы салынады» деген хабарды естігелі ауыл тұрғындарының қуанышы еселене түсті. Осы жоба тезірек жүзеге асса, өңір тұрғындарына үлкен көмегі тиер еді, – дейді.

Әрине, су қоймасы су үнемдеу жағдайын жақсартып, жұрттың суға деген қажеттілігін шешкенімен оның қауіпсіздігіне де айрықша назар аударылуы тиіс. Себебі, кейбір орын алған жағдайлар соның маңыздылығын қайта-қайта еске түсіреді.

– Жетісу облыстық ауылшаруашылығы басқармасының ұсынысымен Жаманты өзенінен су қоймасын салудың техникалық негіздемесін жасауға Өскеменнен келіп отырмыз. Біздің мекеменің бұл саладағы тәжірибесі мол. Осыған дейін Алматы облысының Жамбыл ауданы және Жетісу облысының Сарқан ауданындағы су қоймаларын, бөгеттерді қайта жаңғыртуға қатысты техникалық негіздемесін жасадық. Оның нәтижесін жұрт көріп отыр. Жалпы Жаманты өзенінен су қоймасын салу өте қолайлы. Егер техникалық негіздемесі дұрыс әрі жүйелі жасалса, бұл жерден 10 млн. текшеметрден артық су жинайтын су қоймасын салуға болады. Бұл дегеніңіз, 10 мың гектарға жуық егіс алқабын суаруға жетеді, – дейді «Тау сәулет» ЖШС жобалау бөлімінің басшысы Сансызбай Мұңғылбаев.

Су шаруашылығына жауапты мамандардың айтуынша, облыста сумен қамтамасыз ететін 15 нысан болса, оның екеуі су қоймасы. Жаманты өзенінен салынатын су қоймасы бұл санды көбейте түседі. Сондай-ақ, су қоймасымен бірге екі канал салынып, оның бірі егіс алқабына, енді бірі Көктұма ауылына су жеткізеді. Демек, су қоймасының салынуы егіске қажетті су тапшылығын шешуден бөлек жаңа жұмыс орындарының ашылуына, қосалқы шаруашылықтарды өркендетуге де мол мүмкіндік береді. Әсіресе, Ақши мен Көктұма ауылы тұрғындарының ауласына түрлі көкөніс егіп, жазғы шомылу маусымында Алакөлге келген туристерді экологиялық таза өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Көктұма ауылы, Алакөл ауданы

●КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

ЕГІС КӨЛЕМІ КӨБЕЙЕДІ



Несібесін қара жерден іздеген шаруаның қысқы ұзақмерзімді демалыстан кейін көктемгі дала жұмысына бел шеше кірісетін уақыты келді. Көктемнің әрбір күнін тиімді пайдаланатын диқандар қауымы дәнін дайындап, жерін жыртып, дала дүбірін қыздырып, жауапты әрі маңызды науқанға білек сыбана кірісті. Сарқан ауданында егістік көлемі де артып келеді.

Жауапкершілік үдесінен шығып келе жатқан «Аслан» шаруа қожалығының негізі 2002 жылы қаланған. Шаруашылықтың жалпы жер көлемі 109 гектар. Осы алқаптың 104 гектары егістік, 42 гектары суармалы, 62 гектары тәлімді жер болса, 94 гектары жайылымға арналған. Қожалық 2023 жылы 62 гектарға арпа, 29 гектарға жүгері, 13 гектарға тәтті түбір егіп, еңбектің жемісін жеген болатын. Ал биыл 60 гектарға соя, 62 гектарға арпа егіп, күтіп-баптап, қара жердің қайтарымын көруді мақсат етіп отыр.

Дала төсін дүрілдетіп, тракторды тізгіндеген Сарқан қаласының тұрғыны, механизатор Виталий Асылхановтың аталмыш шаруашылықта жұмыс істеп жүргеніне 15 жыл. Осы уақыт аралығында шаруашылықтың суығына тоңып, ыстығына күйген. Бел жазбай еңбек ететін жұмысына алатын еңбекақысы да көңілінен шығады.

Көктемгі егістік жұмыстары алдағы уақытта да қарқын ала түспек. Ендігі міндет – берілген мүмкіндікті толық пайдалана отырып, ұйымшылдықпен еңбек ету. Өйткені, көктемнің әр күні жылға азық.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ
Сарқан ауданы

ҚОРА ТӨЛГЕ ТОЛДЫ

Көктем шыға елдің берекесін тасытып, жұрттың ырысын еселейтін дала жұмыстары қауырт жүреді. Өткен жылы қараталдықтар ауылшаруашылығынан мол өнім алып, мал басының өскенін білеміз. Сол жетістікті әлсіретіп алмас үшін көктемгі дала жұмысына диқандар тастүйін дайындықпен кірісті.

Мал шаруашылығын кәсіпке айналдырған Көксу ауданында 43 мың 733 бас ірі қара, 22 мың 808 бас жылқы және 181 мың 615 бас қой-ешкі бар.



Көктемнің жаймашуақ мезгіліндегі мал төлдету науқанында 4615 бұзау, 63 торай, 22145 қозы, 2335 лақ, 270 құлын, 3 бота қораны толтырды. Мал төлдету жұмысына әр шаруашылық жан-жақты дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізуде. Мал төлдейтін орындарға жемшөп жеткізіліп, қажетті дәрі-дәрмекпен толық қамтылды. Аудан бойынша мал төлдету жұмысын ойдағыдай өткізуге 171 сақпаншы атсалысуда. Төл басын көбейту мақсатында 70 жылы қора, 77 ветеринарлық дәрі-дәрмек қобдишасы да әзірленді.

«Мал баққанға бітеді» деген аталарымыз. Сол айтқандай, еселі еңбек, төккен тердің арқасында аталған ауданда мал төлдету науқаны жақсы нәтижемен аяқталар күн жақын.

Еңлік БАУЫРЖАНҚЫЗЫ
Көксу ауданы

ҚАУЫРТ ҚИМЫЛ



Биыл Қаратал ауданы бойынша 1500 гектар қант қызылшасы, 8237 гектар дәнді дақыл, 2305 гектар майлы дақыл, 1116,5 гектар картоп, 2405 гектар көкөніс-бақша дақылдары, 7004 гектар мал азығын себу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта ауданның ауылшаруашылығы тауар өндірушілері егін шаруашылығына керекті минералды тыңайтқыштарды сатып алуда. Сондай-ақ, тұқымдық материалдарды көктемгі егу жұмысына дайындау белсенді жүргізілуде. Айталық, ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне қажетті 7 тонна көпжылдық шөп, 300 тонна күріш, 100 тонна жүгері, 106 тонна бидай, 252 тонна майбұршақ, 412 тонна арпа тұқымы дайындалған. Себілетін тұқымның сапасы тексеріліп, шуваларға үлестіруге дайын.


«Көктемнің күні жылға азық» дегендей, егін егу жұмысы сәтті жүргізіліп, оны баптау ойдағыдай болса, күз келе шаруаның қамбасы тағы да астыққа толады.

Қ. ОМАРАҚЫН
Қаратал ауданы

●ӨРЛЕУ

«Талдықорғанкабель» ЖШС 1991 жылы бұрынғы «АгроПромЭнерго» кәсіпорны негізінде құрылды.

Сапалы кабель шығарады



2005 жылы кабельдердің үлкен қимасын, сондай-ақ 10, 20, 35 кВ орташа кернеуге арналған полиэтиленнен жасалған кабельдер шығаратын өндірістік цех құрылды. 2010 жылы компания жақын шетелдерден шикізат ретінде сатып алынған алюминий катанкасын қайта өңдеу және құю жабдықтарын сатып алу туралы шешім қабылдады.

Бұл өндіріс зауыттың қажеттіліктерін ғана емес, сонымен қатар елдегі және одан тыс жерлердегі өзін-өзі қамтамасыз ететін оқшауланған сым өндірушілерінің де қажеттіліктерін қамтамасыз етті. Сондай-ақ, тауарлардағы қазақстандық қамту үлесін 50% -дан 100% -ға дейін ұлғайтуға және республикалық маңызы бар жобаларға табысты қатысуға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта кәсіпорын 0,75мм2-ден 1000мм2-ге дейінгі қимасы бар 15000-нан аса кабельдік-өткізгіш өнімдер шығарады. Былтыр компания кабельдік өнімдер мен электр аспаптарын өндіру жөніндегі қызметті дамыту мақсатында инвестицияларға «Банк ЦентрКредит» АҚ-нан несие алды. Жобаға «Даму» қоры 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде қолдау танытты.

Нәтижесінде сыйақы мөлшерлемесінің 6% мөлшеріндегі бөлігі субсидияланды, сондай-ақ жоба кепілдік беру құралымен қолдау тапты. Өнімдер барлық талапқа сай келеді және шикізаттың түсуінен бастап дайын өнімге дейін көпсатылы бақылаудан өтеді. Сондай-ақ, СТ-KZ сертификаттары және индустриялық сертификат бар. Бұл отандық өндірушінің өнімін растайды. Компания саясатының басым бағыты өндірістік және басқару үдерістерінің сапасын үнемі арттыру.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Талдықорған қаласы

●ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

МАҚСАТ – бала санасын сергіту

Облыс әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті. Оны облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев жүргізді. Күн тәртібінде балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалыспен және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру, жастар мен жасөспірімдер арасында өрт, жазғы маусымда суда шомылу қауіпсіздігі, балаларды скринингтік тексерумен қамту туралы мәселелер қаралды.



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Еңлік КЕНЕБАЙ

Жиында облыстық білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменов баяндама жасады. Оның айтуынша, былтыр 9 лагерьде 101 мың 310 бала демалды. Бұл облыс балаларының 84 % құрайды. Соның ішінде былтыр жалпыға міндетті білім беру қорынан 13 мың 838 оқушыны қамту жоспарланып, 622,7 миллион теңге қарастырылған. Алайда лагерьге әлеуметтік категориядағы 11 мың 584 оқушы ғана қамтылған. Ал биыл облыста 10 қала сыртындағы лагерьге 1-10-сыныптағы 121 мың 166 оқушының 102 мың 700-ін жазғы сауықтырумен қамту жоспарланған. «Әлеуметтік категориядағы 8 мың 277 балаға жалпыға міндетті білім беру қорынан 538 миллион теңге бөлінді. 1 оқушыға 65 мың теңге қарастырылды. Балалар қала сыртындағы, мектеп жанындағы тамақтандырылмайтын және Текелі қаласындағы спорттық лагерьде болады. Ал 19 мың 820 бала туристік саяхаттармен, 18 мың 998 оқушы интеллектуалды шындаумен, 46 мың 507 бала еңбекпен, 32 мың 700 бала шығармашылықпен қамтылады. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен 1 мың 113 бала жазда демалады», – деді басқарма басшысы.

Жаз мезгілінде балаларға суда шомылу қауіпсіздігі жайы ескертілсе де қайғылы жағдайлар орын алмай қоймайды. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Игорь Жуковтің айтуынша, прокуратураның талабы бойынша барлық сауықтыру лагеріне тексеру жүргізіліп, өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзушылықтары анықталған. Ақсу, Ескелді, Алакөл, Көксу аудандары мен Текелі қаласы қауіпсіздік талаптарын сақтамағандар көшін бастап тұр. Бұл балалардың өміріне үлкен қауіп төндіретінін білсе де жауапты мамандар немқұрайдылық танытуда. Суға түсудегі қауіпсіздіктің негізгі ережелерін сақтау бойынша бұқаралық ақпарат құралдары арқылы белсенді профилактикалық жұмыстар да ұйымдастырылуда. Департаменттің жедел-құтқару жасағы су айдындарындағы оқыс оқиғаларға жедел ден қою үшін 27 су көлігі, 45 бірлік техника дайындаған. Сондай-ақ, суға шомылу маусымының басында департаменттің авариялық-құтқару жасағының қосымша 3 жылжымалы посты кезекшілік етіп, жергілікті атқарушы органдардан коммуналдық жағажайларда 3 авариялық-құтқару пункті, 4 қоғамдық қауіпсіздік бекеті және 4 медициналық пункт құрылады. 2023 жылы Алакөл көлінде 4 оқиға тіркелген. Оның біреуі кәмелетке толмаған бала.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Арман Жансеңгіров облыс бойынша барлық бала скринингтік тексерумен толық қамтылғанын айтты.

Облыс әкімінің орынбасары Марлен Қапашұлы өткен жылы кеткен кемшіліктер бойынша әрбір аудандық білім бөлімінің басшыларынан жауап алды. Былтыр талдықорғандық балалар үшін жалпыға міндетті білім беру қорынан 3 мың 473 балаға 156 миллион 285 мың теңге қаражат бөлініп, 1873 бала ғана қала сыртындағы лагерьге барған. Қалған 1600 баланың ата-анасының қарсылық білдірген шағымдары болмаған. Мұндай деректер Қаратал, Текелі, Алакөл, Көксу және басқа да аудандарда кездеседі. Жауапты мамандар биыл мұндай кемшіліктер орын алмайтынын айтып, балалардың жаздық лагерьде жайлы демалулары үшін барлық жағдай жасалатынын, қосымша резервке балалар тізімделетінін жеткізді.

Жиын соңында Марлен Қапашұлы ең бірінші аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшылары мен лагерь директорларына лагерьлерде балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен медициналық қызметкерлердің медициналық сараптамадан өтуін, сотталғының жоқтығын растайтын құжаттың болуын қатаң қадағалауды тапсырды. Аудандық, қалалық білім бөлімдері басшылары жалпыға міндетті білім беру қорынан жазғы лагерьмен қамтылатын балалар тізімін уақытында резервпен жинақтау қажеттігін айтты. Сонымен қатар, балалар стационарларының медициналық жабдықтармен жабдықталуын, педиатриялық мамандықтар бойынша кадрлармен толық қамтылуын, перинаталдық кезең патологиясын (бронх-өкпе дисплазиясы) бастан өткерген балаларды бақылау үшін катамнестикалық және мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған стоматологиялық кабинет ашу жұмыстарын талапқа сай атқаруды жауапты сала мамандарына жүктеді. Мұндағы басты мақсат – балалардың жазғы сауықтыру лагерьлерін жоғары деңгейде ұйымдастыру.

●ӨЗЕКТІ

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі 2030 жылға дейін су шаруашылығы құрылыстарын қалпына келтіру бойынша кешенді жоспар әзірледі.

57 су қоймасы салынады

Ведомствоның баспасөз қызметі хабарлағандай, белгіленген жоспарға сәйкес 57 жаңа су қоймасын салу, 133 гидротехникалық құрылыс, 7 мың шақырымнан аса ирригациялық жүйелер және 1200 шақырым топтық су құбырларын қайта жаңарту көзделген.

Сонымен бірге 3,6 мыңнан аса ұңғыма бұрғыланады деп күтілуде. Бүгінгі таңда 114 жоба бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленген. Суландыру жүйелерінің тозуы су ысырабына жол береді. Осының салдарынан туындаған мәселелерді шешу үшін 14 мың шақырымнан аса арнаны қайта жаңарту жоспарланып отыр.

Жоба үш кезең бойынша іске асырылады. Алғашқы кезеңде 2024-2025 жылдары ұзындығы 3 500 шақырымды құрайтын 337 арна қайта жаңартылмақ.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

●КӘСІПКЕРЛІК

2011 жылы құрылған «Сарқан Май» ЖШС зауыты соя және күнбағыс шикізатынан май және шрот өндіріп келеді. Бір күнде 100 тонна соя немесе 120 тонна күнбағыс өңдейтін өндірістің зор мүмкіндігі бар.

Сұйық май шығарылады



«Жетісу Май» ЖШС еншілес кәсіпорны Талдықорған қаласында орналасқан. Зауытта өсімдік майын тазартатын цех әрі қажетті қондырғылар да бар. Бұл жерде 1 және 5 литрлік тазартылған сұйық май шығарылады.

Жуырда осы зауыттан «PSD groyp» ЖШС «Sarqan» атауымен күнбағыс майы шығарылды. Талдықорғандағы зауыттың басшысы Бауыржан Есенғұловтың айтуынша, екі өнеркәсіпте 100-ден аса адам еңбек етіп, істің ілгерілеуіне өз үлесін қосуда. Ғимаратқа газ кіргізіп, қажетті құрал-жабдықтарды іске қосқалы нәтиже жаман емес.

Сарқандағы зауыттың директоры Дастан Тұраровтың ақпаратына сүйенсек, зауыттың айына 815000 литр сұйық май өндіретін мүмкіндігі бар. Әзірше 5 литрлі құтыда шығатын өнімді келешекте 2 литрлі пластик құтыларға құйып, тасымалдау жоспарда. Күнбағыс майы ішкі нарықтан бөлек шетелге, атап айтқанда Өзбекстан, Қытай, Ресей мемлекетіне тасымалдануда. Сарқандағы зауытта шикізат тазартатын қондырғы болмағандықтан Талдықорғандағы зауыттан тазартылып, дайын өнім ретінде тұтынушыларға ұсынылады. Сауда үйлерінде, дүкенде 5 литрлік сұйық май бағасы 2800 теңге болса, тікелей зауыттың бағасы 2600 теңге.

Ж. ЖОМАРТҰЛЫ
Сарқан ауданы

●ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

«Таза Қазақстан» акциясы аясында өткен көктемгі тазалық айлығына Талдықорған қаласындағы облыстық мекемелер мен ұйымдар, орта және жоғары оқу орындары мен өнер ұжымдары да белсене атсалысуда.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРСЕ ЖҮК ЖЕҢІЛ

Қажет АНДАС

«Ардагерлер саябағына» жиналған облыстық және қалалық ардагерлер ұйымындағы ақсақалдар мен аналарымыз көпке өнеге болар игілікті істің өрнегін көрсетті. Жалпы, тазалық қимылына 50-ге жуық ардагер жиналып, саябаққа 30 түп жөке ағашын екті. Сондай-ақ, жолдарды тазалап, шашылып жатқан қоқыстарды жинастырып, қураған ағаш бұтақтарын отап, саябақты айнадай етіп тазалап шықты. Сонымен қатар, саябақты абаттандыру мен демалуға қолайлы жағдай жасау туралы ұсыныс-пікірлерімен бөлісіп, алдағы уақытта құзырлы орындарға өздерінің талап-тілегін жеткізетін болып тарады.

– Облыс орталығы Талдықорған қаласындағы «Жеңіс» және «Ардагерлер саябағы» аймақтың тыныштығы мен берекесін бекемдеуге атсалысқан аға буынның алқаулы ісін ардақтауға арналған мәдени, көпшілік орындар. Бұрындары бұл жерлер қараусыз қалып, бүлінгенін жасырмаймыз. Кейінгі жылдары айрықша назар аударылғанның арқасында «Жеңіс» саябағы жөндеуден өтті. Өткен жылы Семей полигоны мен Чернобыль апатында зардап шеккен жерлестерімізге арналып ескерткіш тұрғызылды және ағаш егіліп, жолдары реттеліп, аумағы абаттандырылды. Ал «Ардагерлер» саябағына өз деңгейінде көңіл бөлініп жатқан жоқ. Бұл туралы осыған дейін құзырлы орындарға ұсыныстар айтқанбыз. Міне, республикалық деңгейде қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясына белсене атсалысумен бірге саябақтағы кейбір түйткілді мәселелерді шешуге ықпал етуді мақсат тұттық, – дейді облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт.

Шыны керек, «Ардагерлер» саябағындағы 40-50 жыл бұрын егілген ағаштардың қартайып қалғаны бірден көзге шалынады. Оның бәрін бірден жұлып тастауға келмейді. Рет-ретімен ауыстыру керек. Соның бастамасындай, осы күні қураған ағаштары алынып, орны босаған жерге 30 түп көшет отырғызылды. Дегенмен, ағаш егумен ғана саябақтың көріксіз жерлері көркемделіп кетпейді. Ардагерлер келу үшін олардың демалып қайтуына қолайлы жағдай жасалуы керек. Сондай-ақ, «бір рет тазалағанымен бар мәселе шешілмейді. Мүмкін болса, саябақты тұрақты қарайтын штат ашылып, адамдар жұмысқа алынса» деген ұсыныс та айтылды.

Қаладағы Ауған соғысының ардагерлері де қарулас достарын жиі еске алып тұрады. Орталық саябақтағы Ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішке жиналған ардагерлер кеңесінің мүшелері ескерткіштің айналасын қоқыстан арылтып, бүлінген тұстарын реттеп, жан-жағын айнадай етіп, жуып-тазалады. Сондай-ақ, ескерткіш жақтауындағы Ауған соғысында қайтыс болған сарбаздардың есімі қашалған, алайда күн қуырып, жаңбыр шайып көнерген тақтадағы жазуларды қалпына келтіру туралы ұсыныс көтерді.

Ауған соғысы ардагерлерінің берекесі мен бірлігі алапат соғыс майданында шыңдалған. Бүгінгі бейбіт заманда да бірлігі бекем. Сондықтан олар өмірден өткен қатарластарын еш ұмытпайды. Сол арқылы жастарға береке-бірлік болған жерде алынбайтын қамал болмайтынын ұғындырады.

Дәнеш Рақышев атындағы облыстық филармония ұжымының көктемгі тазалық акциясындағы белсенділігі мен игілікті жұмысына да куә болдық. Олар филармония ғимараты орналасқан Абылай хан мен Төлебаев көшелерінің бойын және ғимараттың кіреберісіндегі аумақты тазартып шықты. Қоқысты белгіленген жерге жеткізіп, жол бойындағы тас-қиыршықтарын жинады. Ғимарат ауласындағы құрылғыларды реттеп, есік-терезе тазаланып, бүлінген баспалдақтар қалпына келтірілді. Осы күні «Семей полигоны» ҚБ және «Жетісу облысының Чернобыль одағы» ҚБ ардагерлері «Жеңіс» саябағының аумағында өткізілген сенбілікке қатысты. Қалаға көрік берген ескерткіштер маңайы мұнтаздай тазалыққа енді. Өткен жылы осы саябақта сәулетті ескерткіш орнатылған еді.

Мұнан кейін Ілияс Жансүгіров ескерткішінің жанындағы саябақтағы акция поэзия марафонымен басталды. Жалынды жастардың белсенділігіне қарап, көктемгі экологиялық акцияға ерекше дайындықпен келгенін көруге болады. Алдымен ақын Ілиястың жұртқа танымал өлеңдері оқылды. Содан кейін жастар шығармашылығы да көпшілік назарына ұсынылды. Студенттер өлең оқып қана қойған жоқ. Ақын мүсінінің айналасын тазалап, жолдарды реттеп, қураған ағаш бұтақтарын жинап, айналаны ретке келтірді.

Міне, осылай жетісулықтар өздерінің елдің келешегі үшін атқарылатын шараларға белсенді қатысып, үлгі танытуға дайын тұратынын көрсетуде.

Талдықорған қаласы



Суретті түсірген Женіс ЫСҚАБАЙ

Ақындар да атсалысты

Жан тұнығын тілейтін ақындар табиғаттың да тұмсалығына іңкәрлік танытпай қойсын ба?! Өзі мекен еткен жердің әр жусаны бүр атып, әр қияғы жайқалғанын қалайтын шайырлар шоғыры Талдықорған қаласындағы Ақын Сара және Мұқағали Мақатаев ескерткішінің ауласын тазалады. Жалынды жыр оқып, әсері бөлек әдеби әңгіме өрбітті.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында облыстық халық шығармашылығы орталығымен бірлесіп «Janr» әдеби бірлестігінің мүшелері, талдықорғандық қаламгерлер қос ақын ескерткішінің ауласын тазалады. Айтыс ақындары шаһар орталығындағы Сара Тастанбекқызының бюсті маңын ретке келтіріп, сөз өнері туралы толғанды. Өз кезегінде домбырасын арқалай келген жетісулық жүйріктер қайым айтыстың көрігін қыздырса, халық шығармашылығы орталығы директорының орынбасары Қайрат Абылқасымов рухани шараның мәні мен мазмұнына тоқталды.

«Жастар» мәдениет және демалыс саябағының күншығыс тұсында орналасқан мұзарт таудың мұзбалақ ақыны Мұқағали Мақатаев бюстіне жазба ақындар жиналды. Өлең өрнектеп жүрген жетісулықтар тастұғыр ауласын тиянақты етіп, текті жырдың арнасын ағытты.

Мәңгілік жастықтың, сағыныштың, іңкәрлік пен мұң-шердің баламасы жоқ бірегей тіркестерін өлеңіне сыналап енгізген ұлы суреткер, қазақ поэзиясының шоқтығы биік таланты Мұқағали Сүлейменұлының жыры әр жүректе сайрайды. Жұматай Оспанұлы, Жангелді Немеребай, Есболат Айдабосын бастаған жетісулық қаламгерлер осынау ұлы тұлғаның «Қара өлең», «Майгүлге» «Жанарсыз адам келеді» сынды жырларын оқыса, кей ақындар Қарасазға барғандағы әсерлерін, шайырға арналған өлеңдерін мәнерледі. Осылайша бір сәтте Ақын Сара ізбасарлары сөз барымтасына түссе, Мұқағали көш-керуеніне ілескендер мөлдір жырдың тосабын шайқап, Талдықорған аспанында текті өлеңнің көгершінін қалықтатты.

Өзен жағасы тазаланды

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің «Балық шаруашылығы су айдындарында «Таза су айдындары» табиғатты қорғау акциясын өткізу туралы» 2024 жылғы 1 наурыздағы №30-9/36 бұйрығына сәйкес 2024 жылдың 5 сәуір күні «Таза су» табиғатты қорғау акциясы ұйымдастырылды.

«Қаратал балық инспекциясы» бөлімінің ұйымдастыруымен өткен акцияға Қарашығаң ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері, Бөрлітөбе орман шаруашылығы қызметкерлері және Қарашығаң ауылдық округінің тұрғындары қатысты. Акцияға 30 адам, 4 автокөлік қатысып, өзен жағалауындағы қоқыстар жиналды.

Сарқан ауданы, Қарашығаң ауылдық округінің Балқаш көліне құятын Лепсі өзенінің сағасында орналасқан «Тас өткел» деген жерде әуесқой балықшылар балық аулайтын орын және өзен мен жағасы тазаланып, 2 тонна қоқыс арнайы қазылған шұңқырларға көму арқылы жойылды.

Тазалық акциялары алдағы уақытта да жалғасады.

А. СЫЗДЫҚОВ,
Қаратал балық инспекциясы бөлімінің бас маманы

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ САЛМАҚТЫ

Елімізде соңғы жылдарда саяси үдерістер жүзеге аса бастады. Әуелі халық жаңа реформалардың легімен ел Президентін жеті жылға сайлады. Мұнан соң ҚР Парламентінің қос палатасы, әуелі Сенат, артынша Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары халықтың таңдауымен өз жұмысын бастады. Сол реформаның өзегінде Жетісу өңірінен қос палатаға 11 депутат сайланып, облыс халқының үнін Үкіметке, Мемлекет басшысына жеткізіп, бұқара мен билік арасындағы алтын көпір болуға ант қабылдады. Содан бері біршама уақыт өтті. Өңірлерде мәслихаттардың міндеті мен жауапкершілік жүгі артты. Облыстың, аудан мен қаланың дамуында, өрістеп-өркендеуінде жергілікті мәслихаттар ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Оны айғақтау үшін алысқа барудың қажеті жоқ, облыстық мәслихаттың, оның ішінде мәслихаттың тұрақты комиссияларының жұмысына көз жүгіртсек жеткілікті.

Жетісу облыстық мәслихатында 5 тұрақты комиссия бар. Соның бірі экономика, бюджет, құқықтық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, депутаттық өкілеттіктер мен этика мәселелері бойынша тұрақты комиссиясы. Өткен жылы менің төрағалығыммен 11 отырыс өтіп, 26 мәселе қаралыпты. Соның бірі – облыс аумағындағы 4 мектептің құрылысын қаржыландыру жайы. Комиссия тиісті қаулы шығарып, қазір мәселе ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қарауында. Одан өзге тұрақты комиссия бюджет қаражатын тиімді жоспарлау, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қалыптастыру мәселелерін де таразылайды. Былтыр атаулы тұрақты комиссияның отырыстарында «Жетісу облысының 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешімі 4 мәрте қаралып, мәслихат сессиясының шешімімен өзгерістер енгізілді. Өткен жылдың соңында Жетісу облысының 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджеті таразыланып, сессия отырысының шешімімен бекітілді. Облыстың 2024-2026 жылдарға арналған бюджетінің жобасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексіне сәйкес Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу, кірістердің түсуін болжау әдістемесіне және Жетісу облысының Даму жоспарының негізінде қалыптастырылды. Қазақстан Республикасының «Республикалық және облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы» Заңына сәйкес Жетісу облысы бойынша 2024 жылға арналған субвенциялар көлемі 355 343,6 млн. теңге, 2025 жылға 386 544,1 млн. теңге көлемінде айқындалды. Тұрақты комиссия таразылағандай, үш жылдық кезеңге арналған облыс бюджетінің жалпы көлемі 1,5 трлн. теңге, оның ішінде 2024 жылға – 506,6 млрд. теңге болып бекітілді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық негізгі көрсеткішінің өсімі қамтамасыз етілді. Экономиканың өсу қарқыны 117,4 пайызды құрады. Бұл республика бойынша ең жоғары көрсеткіштің бірі.

Жетісу облыстық мәслихатының тұрақты комиссия отырысында депутаттар үнемі өзекті мәселелерді көтереді. Мәселен, Ақсу ауданы Бүйен өзені арқылы өтетін көпір мәселесін көтеріп, автомобиль жолы жасанды құрылыстарды коммуналдық меншікке алу туралы тұрақты комиссия хаттамасына енгізілді. Осы ретте Ақсу аудандық әкімдік комиссия хаттамасы негізінде жұмыстар жүргізді. Жетісу облысы әкімдігінің №84 қаулысымен «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне Жансүгіров – Арасан, Суықсай ауылы арқылы Қызылжар ауылына кіреберіс» 0-5,600 км автомобиль жолы мен жасанды құрылыстары коммуналдық меншікке алынды.

Сонымен қатар, комиссия отырысында депутат Қайрат Кереев блок-модульдік конструкциялардан салынатын үлкен көлемді ғимараттардың мемлекеттік сатып алу конкурсын жариялау кезінде металл конструкциялары бойынша техникалық ерекшелікте металдың өлшемі және қалыңдығы, бағаналар, фермалар, прогондар осы металл конструкцияларына толығымен жазылуы және фермаларды жасау үшін детальдік жобасының болуы жайында ұсыныс білдірді. Ұсыныс сараланып, тиісті басқармаларға жолданды.

Жалпы тұрақты комиссиялардың жұмысы өңірдің дамуына бағытталған. Әрбір жиын сайын облыс тұрмысында маңызды мәселелер таразыланады. Өйткені, Мемлекет басшысы «Ешкім де сырттан келіп, Қазақстанды көркейтіп жібермейді» деген еді. Елімізді және жерімізді һәм халқымызды әлеуетті ету үшін адал еңбек етуіміз керек.

Секенбай ШЕНГЕЛБАЕВ,
облыстық мәслихат депутаты

● ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіпті сақтау – аса маңызды міндет. Бұл – жауапкершілігі өте үлкен жұмыс. Еліміздің әрбір азаматы өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Заң бұзған кез келген адам жазасын алуға тиіс» деген болатын. Мемлекет басшысының заңның үстемдігін белгілеу және заң нормалары сақталатын әділетті қоғам құру ісіне бір кісідей атсалысып, қолдауымыз керек.

Әділеттіліктің басты шарты

«Заң және тәртіп» қағидатын нығайтуды жақтаймын, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуды қолдаймын» деген Мемлекет басшысының тұжырымы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдарға қол қойып, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген көріністері үшін жауапкершілікті қатаңдатуға, зорлық-зомбылықты болдырмауға міндет жүктеді.

Бұл заңдар отбасы институтын нығайтуды және кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейтін қылмыстардың алдын алуға, отбасы институтын нығайтуға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, отбасын қолдау орталықтарын құруға, отбасы мәселелері бойынша «111» байланыс орталығының жұмыс істеуіне, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған жүйелі жұмыстың жүруіне септігін тигізеді. Жалпы, Заңның негізгі мақсаты жазалаушы емес, алдын алу сипатына ие. Нәтиже үшін емес, себептің алдын алуға күресіп, еліміздегі қылмыстың санын азайту мақсатында атқарылған жұмыс қашанда өз нәтижесін берері анық. Заңға енгізілген түзетулер балалардың құқықтық санасын қалыптастыруға арналады.

Нұрай МЫРЗАБЕКОВА,
Жетісу облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспекторы

● КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

АТҚАРЫЛАР ШАРУА АУҚЫМДЫ

Алакөл ауданында биыл 85130 гектар жер игеріледі. Оған дәнді және майлы дақылдар, мал азығы, қант қызылшасы, бақша өнімдері мен көкөніс себіледі. Тұқымдар зертханалық тексеруден өтіп, керекті тыңайтқыштар дайындалған. Әсіресе, қант қызылшасын егумен айналысатын шаруашылықтар өнімділігі жоғары тұқымға сұранысты молынан бергені байқалады.

Қажет АНДАС



«Нам.Г.Н» шаруа қожалығының бидай дәнін сеуіп жүрген DEUTZ-FAHR тракторының жанында механизатор Илья ФЕДОРОВ пен Дәукен КАСЕНОВ



Суреттерді түсірген Руслан КАДЫРОВ

Жұмысты нәтижелі аяқтау үшін 882 дана ауылшаруашылығы тракторы, 404 дана соқа, 189 дана дәнсепкіш, 130 дана қопсытқыш, 372 дана жер тырмасы техникалық тексеруден өтіп, науқандық жұмысқа кірісіп кетті. Көктемгі дала жұмысына керекті жанар-жағармай қоры жеткілікті. Алдағы уақытта 52246 гектар жер жыртылып, 13500 гектар ылғал жабылады, ал 19384 гектар жерді тырмалау жұмысы жүргізілмек.

Көктемгі дала жұмысына алакөлдік шаруа қожалықтары қызу кірісті. Оны Көлбай ауылындағы «Самат Агро» жеке шаруашылығына барғанда байқадық.

– Жеке шаруашылықтың құрылғанына 5 жыл болса да мемлекеттік қолдау мен жұмысты жүйелі жүргізудің нәтижесінде іріленіп келеміз. Өзімнің және туысқандарымның жерін қоса есептегенде 1000 гектар жеріміз бар. Оның 500 гектары тәлімі жер санатында. Осыған дейін арпа, бидай, күнбағыс, соя, жүгері егумен айналысып келгенбіз, өткен жылдан бастап қант қызылшасын егуді қолға алдық. Былтыр 20 гектар жерге қант қызылшасын сеуіп, гектарынан 400 центнерден өнім жинадық. Биыл 120 гектарға қант қызылшасын себуді жоспарлап, іске кірісіп кеттік. Қолымызда 5 трактор, 2 комбайн, «КамАЗ» көлігіміз, дән сепкіш бар. Биыл лизингпен 500 млн. теңгеге қант қызылшасын себетін және қазатын, жер жыртатын бірнеше техника алдық. Көктемгі дала жұмыстарына 20-дан астам адам жұмылдырдық. Ал жаздыкүнгі және күзгі жиын-терін кезінде жұмысшылар саны арта түседі, – дейді «Самат агро» жеке шаруашылығының жетекшісі Самат Мұқанов.

Аталған шаруашылық Көлбай ауылының өзінде 1000 гектарға жуық жерге арпа, бидай сепсе, Сарқан, Алакөл, Ақсу аудандарынан жерді жалға алып, жылына 3 мың гектардай жерді игереді. Сонымен қатар, 700 тұяқ қой, 300 бас сиыр, 150 бас жылқы өсіруде.

Шаруашылықтың жұмыс орнындағы қуатты тракторлар мен жаңадан алынған техниканы дайындықтан өткізіп жатқан дәнекерлеуші, механик, жүргізуші-тракторшылардың тәжірибесіне көңіл толады. Ауылшаруашылығына жауапты мамандар жеткілікті. Сол қатарда шаруа қожалығының агрономы Саят Қамзановты сөзге тартып едік:

– Халқымызда «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген сөз бар. Осы жұмысты Саят бастап, біз білгенімізбен көмектесіп келеміз. Егіс дақылдары болсын, қант қызылшасы болсын, оны ғылыми жолмен егіп, үнемі баптап отырғанда ғана мол өнім алуға болады. Өткен жылы қант қызылшасынан гектарына 400 центнерден өнім алдық. Жалпы өнімділік көңілдегідей болды. Бірақ былтырғы тәжірибені жинақтай келе қант қызылшасының тұқымын жақсарту керектігін түсіндік. Көлбайда су жеткілікті. Биыл Германияның «Каредония КВС» тұқымын арнайы алдырдық. Тыңайтқышымен қоса есептегенде бір гектарға 365 мың теңгенің тұқымы кетеді. Есесіне өнімді мол береді және күздің қара суығына ұрындырмай жинап алуға қолайлы. Күзде қант қызылшасының гектарынан 650-700 центнерден өнім аламыз деген ойдамын, – дейді.

Көлбайда шаруашылықты өркендетумен қатар ауылдың түрлі түйткілді мәселесін шешуге қаржылық және моральдық тұрғыда ықпал ететін азаматтардың қатары өсіп отыр.

– Ауыл жыл сайын өркендеп келеді. Әсіресе, Талдықорған-Үшарал автожолының салынуы тұрғындардың тіршілігіне тыныс берді. Азаматтардың ұмтылысы жаңа леп әкелді десек болады. Ауылдың инфрақұрылымын нығайту мақсатында біз де аянып қалмай еңбек етудеміз. Көшелерге толық асфальт төселіп, аулалар реттелді. Алдағы уақытта Мәдениет үйі және аурухана салынады. Ауылды көркейтуге бағытталған өзге де жоспарларымыз рет-ретімен орындала бермек, – дейді Көлбай ауылының әкімі Ержан Шәкерұлы.

Көлбай ауылы

ҚЫРДАҒЫ ҚЫЗУ ТІРЛІК

Дала төсін емген ескелділік диқандар қазір қауырт тіршілік үстінде. Олардың тынымсыз қарекеті «Көктемнің бір күні жылға азық» тәмсілімен астасып жатыр. Бірақ, олар жоспарсыз емес. Былтыр өңірдің жүгері еккен диқандары біршама опық жеген еді. Жиған өнімін қайда жөнелтерін білмей сан соқты. Өткен қателік бүгінге сабақ деген. Биыл мұндағы ағайын жүгері егуді азайтқан.

Дастанбек САДЫҚ

Аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімі мамандарының айтуынша, биыл диқандар 53 мыңнан аса гектар аумақтан нәпақа жинауды көздеп отыр. Оның 30 мың гектарға жуығы тәлімдік егін. Қалғаны суармалы алқап. Былтыр аудан диқандары 4605 гектарға «дала аруын» сепкен еді. Биыл оны 50 пайызға жуықтатып, 2683 гектарға жүгері дақылын отырғызбақ. Сонымен қатар, 7700 гектарға күздік бидай себілсе, 4170 гектардан жаздық бидайдың өнімін жинамақ.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сай Жетісу өңірінде қант қызылшасын егу көлемі ұлғайып келеді. Осы жылы аудан диқандары 1900 гектарға тәтті түбір екпек. Аудандағы сала мамандарының сөзіне сенсек, қазір қант қызылшасын егу 13 пайызға, дәнді масақты дақылдарды егу 50 пайызға орындалған.

Жалпы жұмыстың өнімді болуы техниканың жеткілікті һәм жаңалығына тікелей байланысты. Ауданда көктемгі дала жұмыстарына шыққан техниканың жеткіліксіздігі байқалмайды. Қазір шаруалардың қажетіне 1100 дана доңғалақты, 45 шынжыр табан трактор жарап тұр. Одан өзге, ауданда 215 тұқым сепкіш, 32 қант қызылшасының тұқымын себетін, 336 соқа, 1814 тырма, 122 бүркеуіш техника бар. Жалпы, ескелділік шаруалар өнім жинайтын шақта да машинадан тапшылық көрмеді. Қазір ауданда астық оратын 142, тәтті түбір жинайтын 15, картоп жинайтын 3 комбайн бар. Биыл ескелділіктер машина-трактор паркін жаңартуды да естен шығармады. Аудан шаруалары 17 дана шаруашылық техникасын сатып алды.

Өнім мол болуы үшін тыңайтқыштың рөлі зор. Аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімі мамандары 2024 жылы 5147,8 тонна минералды тыңайтқыш сатып алу межеленгенін жеткізді. Қазірге дейін 2300 тонна аммофос, 3500 тонна аммиактық селитра және 200 тонна аммоний сульфаты сатып алыныпты. Көктемгі дала жұмыстарында жанар-жағармайдан тапшылық байқалмайды.

Ескелді ауданында қызу тірліктің бірі – «Нам.Г.Н» шаруа қожалығында. Бүгінде шаруашылықтың тракторлары даланы дүбірге бөлеуде. Әсіресе, қызған дала майданы ауданға қарасты Шымыр ауылының маңында. Заманауи тұқым сепкіш жыртылған жерге қызылша себуде.

– Жоспарлағанымыздай, биыл 300 гектарға қант қызылшасы егіледі. Жұмыс қарқынды. Дала жұмыстарына 21 техника жұмылдырылған. Техникадан тапшылық жоқ. Жалпы, осы жылы 200 гектарға жүгері, 100 гектарға соя, 100 гектарға картоп отырғызамыз, – дейді шаруашылық басшысы Герман Нам.

Егіннің бітік болмағы суармалы егістік үшін суға тікелей байланысты. Ескелді аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Қанат Сатығұловтың айтуынша, аудандағы егістікті сумен қамтамасыз ететін каналдар сақадай сай. Бастысы, қазір далада қызу тірлік етіп жатқан диқандардың еңбегі өнімді болғай!

Ескелді ауданы

ӨРІС КӨРКІ ТӨРТ ТҮЛІК

Алакөл өңіріндегі 95376 қойдың 51941-і төлдеуге тиіс саулық. Бүгінде оның мыңнан астамы төлдеп, қозы алынды. Мал төлдету маусымындағы түрлі қиындықты болдырмау үшін жан-жақты әзірлік жасалған. Аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің ақпараты бойынша, осы мақсатқа 183,3 тонна шөп, 47,2 тонна жем, 25,1 тонна сүрлем, 56,7 тонна сабан және 14,2 тонна пішендеме дайындалған.

«Мал баққанға бітеді» дегендей, Алакөлде мал шаруашылығымен тұрақты айналысатын 317 шаруа қожалығы бар. Оның ішінде ИАС бағдарламасына 101 шаруа қожалығы қатысуда. Алакөлде төрт түліктің бәрі өседі. Кейінгі жылдары жылқы, ірі қара малын өсіретін шаруашылықтардың саны артып, мал бордақылаумен айналысатындардың қатары көбейген.

Деректерге сүйенсек, аудандағы мал бордақылаумен айналысатын «Акимбеков», «Жазылбеков и К», «Айманбетов», «Ұшқын», «Қайыңды», «Ақсұңқар» және тағы да басқа шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерліктердің мал бордақылау алаңының жалпы қуаттылығы 6 мың бастан артық. Оның денін жылқы мен ірі қара малы құрайды. Қазірдің өзінде мал бордақылау алаңдарында 3 мың басқа жуық мал тұр.

Мал семірту алаңдарының саны мен қуаттылығы артқан сайын жылқы мен ірі қара өсіретін шаруашылықтардың да жұмысы қыза түскен. Осы жолы біз Жайпақ ауылындағы жылқы өсіріп, ірі қара бағып отырған «Сейіл» шаруа қожалығына арнайы бардық. Бізді қолында бар техникасын көктемгі дала жұмысына дайындап жатқан шаруашылық жетекшісі Бақытжан Қабдолдаев қарсы алды.

– 125 бас жылқы, 150-ден астам ірі қара малым бар. Қазір бие құлындап, сиыр төлдеп жатыр. 50-60 бұзау алдық. Қар қалың түскенімен жылқыға жайлы болды. Құлын тастаған бие, көтерем сиыр шыққан жоқ. Жылқы да, ірі қара да қонды. Малды жазда Тоқжайлауға жайып, қыста қыстауда қолда ұстаймыз, – дейді «Сейіл» шаруа қожалығының жетекшісі Бақытжан Сәтмұхамбетұлы.

Аталған шаруашылық мал өсірумен қатар егін шаруашылығымен де айналысады. Меншігінде 150 гектардан артық суармалы жері бар. Оған негізінен жоңышқа себеді. Сонымен қатар, соя, бидай, басқа да дақылдар өсіреді. Биылдан бастап қант қызылшасын себуді қолға алмаққа ниетті. Осы жерден шауып, жинап алатын арпа, жоңышқаны жылқы мен ірі қараның қысқы азығына жұмсайды.

Шаруашылықтың техникасы толық. Биыл қосымша техника сатып алған. Оны өзі жүргізеді, жөндейді. Қолында жылқышысы, сиыршысы бар. Уақыты болғанда ат баптап, ит жүгіртеді.

Қажырлы азамат алдағы уақытта жылқы, сиырдың өнімін қосымша кәсіп көзіне айналдырудың қамында жүр.

Қ. ОМАРАҚЫН

Жайпақ ауылы,
Алакөл ауданы

23 сәуір,
сейсенбі,
2024 жыл
№48 (19331)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisu

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАНДАР



Сүретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Талдықорған қаласындағы өнеркәсіп нысандарының жұмысымен танысты. Қала маңындағы шаруа қожалықтарының көктемгі дала жұмыстарына дайындығын көріп, диқандармен тілдесіп, мәселелеріне құлақ түріп, ұсыныс-тілектерін тыңдады.

АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Аймақ басшысы болашақта жаңбырлатып суаратын қондырғылар шығаратын зауыт құрылысымен танысты. Қыркүйек айында іске қосылатын кәсіпорынның қуаты жылына 1000-ға жуық жаңбырлатқыш машинаны құрауға жетеді. Бұл жыл сайын 30-40 мың гектарды ылғал үнемдейтін технологиялармен қамтуға мүмкіндік береді. «Жетісу Агро кешені» ЖШС компаниясы іске асыратын бұл жобаның жалпы құны 2 миллиард теңге. Бөлінген жер учаскесінде тиісті дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Аймақ басшысына болашақ кәсіпорынның мүмкіндіктері туралы айта келе компания директорының орынбасары Қайрат Оспанов зауыт жылына 960 бірлік жаңбырлатқыш машина құрауға қауқарлы екенін жеткізді. Өндіріс барысында шикізат ретінде отандық металл, сол сияқты датчиктер, бүріккіштер секілді құрамдас бөліктердің американдық түрлері пайдаланылады. Дәнекерлеу мен лазерлік жұмыстарды жүргізу үшін өндірістік цехқа орнатылатын станоктар да американдық болмақ. Сонымен қатар, болашақта трактор құрастыру цехы ашылып, осы техникаға қызмет көрсететін сервистік орталық құрылады. Әзірге 40 жұмыс орнын ашу көзделген. Жобаның іске асырылуының егжей-тегжейіне қызығушылық танытқан Бейбіт Өксікбайұлы қажетті қолдау көрсетілетінін атап өтті. Жалпы бұл осы күзде іске қосылатын жалғыз кәсіпорын емес. Индустриалды аймақта өнеркәсіптік аккумуляторлар шығаратын зауыт салу жұмыстары жалғасып жатыр.

«ASMA Industrial» ЖШС өкілдерінің айтуынша, құрылысты жаздың ортасында аяқтап, қыркүйек айында іске қосу жоспарланған. Жаңа зауыттың өндірістік қуаты жылына 210 мың дана аккумулятор шығаруға жетеді. Жобаға 3,2 миллиард теңге инвестиция тартылды. Компанияның тең құрылтайшысы Серікбай Әжмағанбетовтың сөзіне сүйенсек, кәсіпорында стационарлық-индустриялық батареялар да, яғни күн және жел электр стансыларында, тепловоздарда, жүк тиеу электротехникасында пайдаланылатын өнеркәсіптік аккумуляторлар шығарылады. Мұндай өнімдер, мысалы, «Қазақтелеком», «KEGOC» сияқты компаниялар үшін керек. Жалпы алғанда, өнеркәсіптік батареялар электр энергиясын үздіксіз берумен айналысатын кәсіпорындар мен ұйымдарда қолданылады, яғни олар резервтік электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуде пайдалы. Өндірісті ұйымдастыру үшін жабдықтарды Оңтүстік Кореядан әкелген.

Жетісу облысының «жасыл энергетиканы» одан әрі дамытуда әлеуеті зор екенін айта келе Бейбіт Исабаев Алакөл ауданында инвесторлар қуаты 1 ГВт болатын ең ірі ЖЭС салуды жоспарлап отырғанын, бұл да «ASMA Industrial» ЖШС өнімдерінің сұранысын арттыратынын еске салды. Айта кетсек, өткен жылы Жетісу облысында электр энергиясының 75%-ы жаңартылған энергия көздерінен өндірілді. Бүгінгі күні өңірде белгіленген қуаттылығы 210,5 МВт болатын 15 ЖЭК нысаны жұмыс істейді.

Күнбағыс майын өндіретін «Жетісу Мажико» агрокешені» ЖШС зауыты тоқтап қалған. Кейінгі кезеңде қайта іске қосуға дайын. Директоры Сенан Мұстафаевтың айтуынша, зауыт техникалық тексеруден өткен. Сынақ режимі аясында күнбағыс тұқымынан 113 тонна май сығылған. Шикізатқа қатысты да проблема жоқ, оны Ресейден жеткізу үшін келісімдер жасалған. Тек теміржол инфрақұрылымының жағдайы, атап айтқанда, шпалдарды жөндеуді немесе ауыстыруды қажет ететін шағын учаскенің мәселесі ғана өзекті болып отыр. Бұл ретте облыс әкімі Бейбіт Исабаев мәселенің барынша қысқа мерзімде шешілетінін айтып, бұған қатысты жауапты тұлғаларға тиісті тапсырма берді. Бүгінде кәсіпорын жылына 50-60 мың тонна шикізат өңдейді. Болашақта шикізат 100 мың тоннаға дейін жеткізіледі. Кәсіпорын қызметкерлерінің айтуынша, 100 мың тонна күнбағыс тұқымынан шамамен 40 мың тонна өсімдік майын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы құстарын азықтандыру үшін кеңінен қолданылатын жом алуға болады. Зауыт темір жол учаскесі қалпына келтірілгеннен кейін 1-2 айдан соң өз жұмысын қайта бастайды деп межеленген.

Жұмыс сапарының жалғасында Бейбіт Өксікбайұлы керамогранитті плиталар өндіретін «Алмаз-Керамикс» ЖШС кәсіпорнының жұмысымен танысты. Белгілі болғандай, кәсіпорында плиталардың 15 түрі шығарылады, 260 жұмыс орны құрылған. Өндірісте отандық шикізат пайдаланылады, ал дайын өнім Қазақстан бойынша да, Ресейде де сатылады. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 2 миллион шаршы метр плита шығаруға жетеді.

Талдықорғандағы шаруа қожалықтарының қант қызылшасын себу барысымен облыс әкімі Бейбіт Исабаев арнайы танысты. Талдықорғандағы шаруа қожалықтарының бірі «Самай» ШҚ басшысы Еркінбек Сіләмовтің айтуынша, биыл шаруашылықтың 40 гектардан астам жеріне қант қызылшасы себілуде. Диқанның айтуынша, шаруашылықта 15 трактор және басқа да ауыл шаруашылығы техникаларының заманауи түрі бар. Қолда бар техника жеткілікті, бірақ оны да үнемі жаңартып отыру қажет, олай болмаса жоғары өнімділікке қол жеткізу мүмкін емес. Сонымен қатар фермер ауыспалы егіс принципі қатаң сақталатынын атап өтті. Шаруашылық биылғы жылы қант қызылшасынан басқа 100 гектарға дәнді дақыл, 300 гектарға соя, 60 гектарға жүгері, 50 гектарға көпжылдық шөп екпекші. Сондай-ақ, өсімдік шаруашылығымен қатар «Самай» ШҚ ірі қара мен жылқы малын өсіреді, кәсіпорында 25 адам жұмыс істейді. Фермерлермен әңгімелескен Бейбіт Исабаев қант қызылшасының отандық тұқымын пайдаланудың перспективалары жайлы мәселені олармен бірге талқылап, қызықтырған сұрақтарына жауап берді.

Еске салсақ, биыл Жетісу облысында ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 7 мың гектарға ұлғайтылып, 524,8 мың гектар болмақ. Бұл ретте егісті әртараптандыру аясында басым дақылдар алқабы, оның ішінде қант қызылшасы, майлы және жемшөптік дақылдар жалпы 18,1 мың гектарға ұлғаяды. Өңірде қант қызылшасы биыл 11,5 мың гектарға себіледі.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Талдықорған қаласындағы нысандарды аралауы түстен кейін де жалғасты. Алдымен Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жұмысымен танысқан аймақ басшысы орталыққа келушілердің спортпен, музыкамен, қолөнермен, тіл үйренумен шұғылданып жатқанына куә болып, ардагерлермен тілдесті.

Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаевтың айтуынша, орталық келушілерге 15 қызмет түрін тегін көрсетіп, 38 қызметкерді жұмыспен қамтып отыр. Қаржылық және компьютерлік сауаттылық, ағылшын тілі, қазақ тілі, тоқу және тігін курстары, йога, вокал, шахмат-дойбы, үстел теннисі бойынша сабақтар өтеді. Сонымен қатар жүзу үйірмесі ұйымдастырылған, келушілерді орталық бассейнге тасымалдау үшін 16 орынды автобус сатып алынды. Қазір тұрақты келушілердің саны 500-ге жуықтаған. Осы орайда облыс әкімі келушілердің қатары көбейгендіктен ғимараттың жертөлесін де тиімді пайдалану керектігін айтты. Өзара пікір қосудың нәтижесінде ендігі жерде жертөленің бір жағына тұз шахтасы орнатылып, екінші жағына бильярд үстелдерін қою туралы тоқтамға келді.

Облыс әкімі Ынтымақ ауылындағы №30 мектепке барды. Бұл 1 мың 200 орынға арналған мектепте 700-ге жуық оқушы оқиды. Жаңа оқу жылында оқушылар қатары толығады деп күтілуде. Мектептің ішкі жағдайымен директоры Сәуле Үстенова таныстырды. Облыс әкімі мектептің оқу кабинеттерін, материалдық-техникалық базасын аралап көрді. Мектеп басшысының айтуынша, ауласының аумағы 4,4 гектар. Бұл аумаққа 70 ағаш, 50 раушан гүлі, газон отырғызылған. Облыс басшысы мұндай ауқымды алаңды арнайы техникамен тұрақты суару мәселесінде мектеп әкімшілігіне қолдау керектігін айтып, бұл істі қала әкіміне тапсырды. Осы ретте Бейбіт Исабаев мектептің өз шағын жылыжайы бар екенін де көрді. Мұнда биология пәнін меңгеру кезінде оқушылар көкөністер мен асханалық шөптер өсіреді. 4 жылыжайда оқушылар қияр, қызанақ, руккола, көк бұрыш, ақжелкен, шалғам өсіріп, оларды өздері күтіп-баптауда. Облыс басшысы балаларды адал еңбекке баулитын мұндай бастамаларды қолдайтынын айтты.

Аймақ басшысы орталық стадионда істеліп жатқан құрылыс жұмыстарымен де танысты. Облыстық құрылыс басқармасының басшысы Т. Бектасовтың айтуынша, жаңғырту жұмыстарына 1,57 миллиард теңге бөлінген. Қазір мұнда 15 жұмысшы, 5 техника тартылған. Стадионның кіреберісі жаңартылып, қақпасы, көрермен мінберінің айналасы, баспалдақтары сырлануда. Қосалқы алаңының күрделі жөндеуі аяқталуға жақын. Облыс басшысы құрылыс жұмыстарын сапалы, уақытылы атқаруға қатысты бірқатар тапсырма бергеннен кейін «Жетісу» ФК бас бапкері Қайрат Нұрдәулетовтен жексенбіде «Жетісу» мен «Шахтер» командаларының арасында болатын ойынға дайындық барысын да сұрап білді.

Сол сияқты, осы күні облыс басшысы Желтоқсан құрбандарына арнап орнатылатын монументтің және суретші Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығына орай демеушілердің қолдауымен қойылатын ескерткіштің эскиздерімен танысып, қойылатын орынның абаттандырылуына қатысты қала әкімдігіне тапсырмалар берді.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

● ЖАСЫЛ АЙМАҚ

■ «Таза Қазақстан» акциясына аймақтағы ақ халатты абзал жандар да өз үлесін қосуда. «Жасыл апталық» шарасы аясында Талдықорған қаласындағы облыстық фтизиопульмонологиялық және перинаталдық орталықтардың дәрігерлері 200 түп ағаш егіп, ортаны жасылдандыруға сеп болды.

Қажет АНДАС



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

200 түп ағаш ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Облыстағы емдеу орталықтары мен ауруханалар үшін ең алдымен ескерілетін дүние – ортаның тазалығы мен көркемдігі. Өйткені, бірінде адам өміріне тым қауіпті аурулар емделетін, енді бірінде еліміздің болашағы саналатын сәбилер өмірге келетін орталықтардың да басты қағидасы осыған бағытталады.

– Біздің ұжымда 287 қызметкер бар. Жаркент қаласында оңалту орталығының бөлімшесі ашылған. Ал 145 орынға арналған Талдықорған қаласындағы орталыққа балалар, жасөспірімдер, ересектер бөлімі кіріктірілген. «Таза Қазақстан» акциясы басталғалы ұжымымыз белсенділікпен атсалысуда. Ауламыздағы қоқыстарды тазалап, ағаштарды әктеп, жолдарды ретке келтірдік. Ғимараттың кейбір бүлінген тұстарын да жөндеп алдық. Енді, міне, «Жасыл апталық» шарасы аясында облыста алғашқы болып ағаш егіп, ауланы жасылдандыруды қолға алдық, – дейді облыстық фтизиопульмонологиялық орталықтың бас дәрігері Аида Захарова.

Облыстық перинаталдық орталық мамандары да аулаға жас көшеттер отырғызып, шараның шырайын аша түскенін байқадық. Жалпы, 300-ден астам қызметкер істейтін перинаталдық орталықтағы дәрігерлер көктем шыға тазалық шарасын жүйелі жүргізіп келеді. Олар өткен сенбі күні және апта басын есептегенде орталық аумағына 100 түп ағаш егіп, 500 түп гүл отырғызған.

– Орталықта жыл басынан бері 1500-ден астам бала өмір есігін ашты. Өткен түнгі 12-ден бері 5 ұл бала, 6 қыз бала дүниеге келді. Бала болашағына ерекше ден қоятын ел болғандықтан сол балалар өмірге келетін перзентхананың ортасы көрікті, ауасы таза, ауласы көркем болуы керек. Сондықтан тазалық мәселесіне ерекше ден қоямыз, – дейді орталық директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Айгерім Тертюбаева.

Дегенмен, жасыл желек отырғызу оңай болғанымен, оны күтіп-баптау, өсіруге де аз күш кетпейді. Ал облыстық перинаталдық орталық Қаратал өзенінің бойындағы тастақты жерге орналасқан. Сондықтан бұл жерге егілген көшеттерге ерекше күтім керек. Әйтпесе, бүгін еккен жас өскін ертең құрап қалуы да мүмкін.

– Орталықтың орналасқан жер жағдайын ескере отырып, ағаш егіп, гүл отырғызу үшін арнайы қара топырақ алдырдық. Сондай-ақ, егілген ағаш пен гүлді орталықтағы 15 бөлімге жауапты етіп, бөліп бердік. Олар әр күн сайын өздеріне тиесілі аумақтағы ағаш пен гүлді баптап, өсіруге жауап береді. Дегенмен, арасында белгілі жағдайға байланысты өспей қалғандары болса, қайталай егеміз, – дейді облыстық перинаталдық орталық директорының медициналық қызмет көрсету және ішкі аудит қызметі бойынша орынбасары Зейнегүл Рахметова.

Егілген жас өскіндердің толық өсетініне біз де сенімдіміз. Өйткені дәрігерлер: «Ем іздеп келген науқастарға қалай көңіл бөлсек, жаңадан отырғызылған жас өскіндерге де солай қараймыз» деген сеніммен шығарып салды.

Талдықорған қаласы

25 сәуір,
бейсенбі,
2024 жыл
№49 (19332)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Үзінді

Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Жетісу облысы бойынша

Аргенова Лаура Мухтаровна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Ахмедчеева Жанна Жанибековна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Бакуленко Анастасия Викторовна – үй шаруасында, Текелі қаласы
Едренова Айнур Жайлаубаевна – үй шаруасында, Қаратал ауданы
Есмұқан Ілес – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Ләсіпхан Таңсәуле – үй шаруасында, Көксу ауданы
Молдахметова Кулян Нуртлеуовна – үй шаруасында, Көксу ауданы
Мухамадиева Нургуль Ешмуратовна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Мұратхан Арнагүл – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Темиршинова Асия Орасбаевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Толыбаева Асемгуль Ибраевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы.

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Жетісу облысы бойынша

Авкубаева Ақмарал Малікқызы – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Айтимбетова Айымхан Аитбаевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Аксакалова Шолпан Темиргалиевна – орта мектеп директорының орынбасары, Қаратал ауданы
Анищенко Надежда Викторовна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Байтулакова Айнур Нурболатовна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Бакри Молдир Канатовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Даукен Сыламхан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Ельмуратова Жазира Ермахановна – үй шаруасында, Текелі қаласы
Жайлыгулова Салтанат Габитовна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Жаңбырбай Назира – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Зарипова Вера Николаевна – үй шаруасында, Текелі қаласы
Зілиқа – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Илимахунова Айдана Алтаевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Кобенбекова Камшат Бигалиевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Куттубаева Майра Тулеугалиевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Махамбетова Асель Махамбетовна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Мухашова Айдана Тусупхановна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Мұса Нұрила – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Мыктыбекова Мәдина Бекболатқызы – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Нұрданғазы Лазат – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Нұржұма Бейсенгүл – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Райысхан Гулназ – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Санай Арнагүл – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Тугельбаева Гульдана Бекеновна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Умарова Нуршат Дилдабековна – үй шаруасында, Қаратал ауданы.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ. ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 22 сәуір
№ 524

● ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Әуелгі әңгімені жер тақырыбында қозғайықшы. Жер еміп тірлік кешкен қазақ үшін тоқымдай аумақтың өзі алтынмен тең уақытта иеленіп, иегеріп жүрген пұшпақтай жеріннің басқа біреудің пайдасына шешіліп кетуі жан ауыртып, жүйкеге салмақ салатыны рас қой.


Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

БАСПАНА БАРШАНЫҢ АРМАНЫ
заңнан аттамау да қажет

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Ал бастапқы құжатта белгілі мөлшердегі жердің орташа үлесі бары «тайға таңба басқандай» жазылып, кейіннен (2006 жыл) жасалған ресми құжаттан аты-жөнің түсіп қалса, шаруа қожалықтың пайшы-мүшелерінің санатынан сызылсаң сан соқпағанда қайтесің?

Саялы Сарқан ауданына қарасты Қарабөгет ауылынан келген Шора Каниева заңгерімен бірге облыс әкімі Бейбіт Исабаевқа осынау мәселені жыр етті. Бұған дейін облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаевтың қабылдауында болған, дұрыс нұсқау алған, соның нәтижесінде архивте жатқан құпия құжатқа қол жеткізген Шора апай: «Істі құзыретті, жауапты мекемелер бір-біріне сілтейді, ортақ шешім шықпайды» – деген уәж айтады. Мәселенің мәнін жіті зерделеген аймақ басшысы облыстық ішкі істер департаментіне, облыстық прокуратура мамандарына және құзырлы басқармалардың басшыларына тапсырма жүктеп, сот арқылы кейіннен жасалған құжаттың заңды-заңсыз екенін анықтауды, мәселені түбіне дейін тексеріп, оң нәтиже шығаруды тапсырды.

Одан кейін облыс әкімінің қабылдауына кірген Күлжан Жолдинова, Мағира Чакалиева, Айзада Адырбаева, Сәуле Исаевалар баспана бақытына бөленгісі келеді. Бірі әлеуметтік осал топқа, бірі көп балалы ана санатына жататынын айтса, енді бірі зейнетте екенін, 70-тен асқан шағында пәтер жалдап күн кешіп жүргенін жеткізді. Ел мұңына құлақ тоса білген аймақ басшысы әр азаматтың баспана бақытына бөленуі қажет екенін, оны бір адамдай қалайтынын, алайда заңнан, құқықтық шеңберден аттауға болмайтынын ескертті. Әр адам баспана кезегі бойынша пәтерге ие болатынын айшықтады.

Айта кету керек, соңғы кезде әкімнің қабылдауына жазылған тұрғындардың көпшілігі баспана мәселесін жиі қозғап жүр. Кейбір жан мемлекет бекіткен заңды, азаматтық құқықты түптеп танымай жатады. Қарапайым ғана бір мысалын айтсақ, баспана кезегі цифрлық жүйеге ауысқан шақта кейбір азаматтың кезекке тұрған уақыты (саны) өзгерді. Техникалық қателік немесе жауапты маманның кемшілігі нәтижесінде кезек уақыты ауысып кеткендер тікелей сот арқылы өзгерген уақытты (жылын, айын, күнін) қайта қалпына келтіре алады. Алайда сотқа жүгінуге енжарланған кей азамат тікелей әкімдікке алақан жаяды, медет күтеді. Заңды түрде шағымын түсіріп, басқарма басшыларымен-ақ шешер шаруаны облыс әкімінің ықпалымен тез бітіруді қалайды. Мұндай жайтты ескерген, қабылдауға жазылған әрбір азаматты мұқият тыңдаған Бейбіт Өксікбайұлы заң елге ортақ екенін жеткізіп, кейбір мәселеге байланысты тапсырмаларды жауапты мекеме басшыларына жүктеді.

● ТАЗА ҚАЗАҚСТАН


Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

ИМАМДАР мен БАНК қызметкерлері ағаш екті

«Таза Қазақстан» акциясының «Жасыл апталық» шарасы аясында облыстық дін істері басқармасы мен «Отбасы банк» Жетісу облыстық филиалының қызметкерлері 200 түп ағаш егіп, өнегелі істері арқылы өзгелерге үлгі көрсетті. Шараға 20-дан астам мешіт имамы мен 30-ға жуық банк қызметкері қатысты.

Қажет АНДАС

Балапанов және Бәйкен Әшімов көшесінің қиылысына егілген жас өскіндер біраз жылда жүргіншілердің саялайтын жеріне айналатыны анық.

– Қаламыздың өсіп-өнуі, көгеріп-көктеуіне облыстағы мешіт имам-ұстаздары атсалысуда. Ауа адамсыз өмір сүре алады, адам ауасыз өмір сүре алмайды. Таза ауа қашанда бәрімізге керек. Осындай мақсатпен игілікті істі қолға алдық. Бүгін Талдықорған қаласындағы 9 мешіттің имамдары мен ұстаздары қатысып отырмыз. Бұл жұмыс бұған дейін де атқарылып келеді. Мешіттердің айналасын абаттандыру ісін үнемі қадағалап отырамыз. Былтыр 4064 көшет отырғызғанбыз. Бәрі көктеп, көгеріп тұр. Биыл 5 мың түпке жуық көшет отырғызу жоспарымызда бар, – дейді облыстың бас имамы Керімбек Дәуітов.

Жалпы, табиғатты қорғау – барлығымызға ортақ іс. «Бір жылдығын ойлаған адам егін ексін, он жылдығын ойлаған адам көшет отырғызсын, жүз жылдығын ойлаған адам ұрпақ тәрбиелесін» деген аталы сөз бар. Осынау ата-баба қағидасын берік ұстанған дін өкілдері аймағымыздың көріктенуіне осылай үлес қосып келеді. Шараға қатысқан банк қызметкерлері де осындай ойда екендігін білдірді.

● ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

АЛАКӨЛДЕГІ айшықты істер

«Таза Қазақстан» акциясына алакөлдіктер де белсене атсалысуда.

«Жасыл аймақ» атты сенбілікке аудан, ауылдың белсенді тұрғындары мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері, үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіпорындар, білім беру ошақтарынан 14 ұжым қатысып, өңірдің шырайын ашатын түрлі шараның ұйытқысы болды.

Жалпы 23 сәуір күні өткен сенбілікке аудан бойынша 170 адам, 4 арнайы техника жұмылдырылып, 4 тонна қоқыс шығарылған. Аумағы 3 гектар жер тазартылып, 5 саябаққа ағаш егіліп, гүл отырғызылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



БАСПАСӨЗ – 2024



Қымбатты оқырман, екінші жартыжылдыққа жазылу басталды

Тарихыңды тарау-тарау мөрлеген, жеңісіңді алтын сөзбен зерлеген, қуаныштың жаршысы, теңіздің ұлы тамшысы – «Jetisý» газеті төріңізден табылсын! Ұлылардың үнін, заңғарлардың жырын жаңғыртқан, байтақ жұрттың үнпарағына айналған ата басылыммен бір болайық. Елдің келелі ісін, биліктің кесімі мен шешімін, бұқараның тыныс-тіршілігін ақжолтай хабардан, сараптамадан салмақтап, жаныңызға жақын басылыммен сырласыңыз!

Қазына кеудесінен тағылым мен тәлім тарқатқан, ой-омартаңызға бал тұндырардай тұнық дүние ұсынар қарт басылым әр оқырманын асыға күтеді, жетісулықтар! «Jetisý» газетіне жазылыңыз, заман көшінде жүйрік журналистер ұсынған ақпараттан қалыс қалмаңыз.

Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5925,60	6235,20
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3693,60	4003,20
Жалпы жеке жазылу	**65469**	4125,60	4435,20

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	5100
2.	Зейнеткерлер үшін	2850
3.	Жалпы жеке жазылу	3500

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4750
2.	Зейнеткерлер үшін	2350
3.	Жалпы жеке жазылу	2900

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: 8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87474106909

БІРЛІК – БОЛАШАҚТЫҢ БЕРІК КЕПІЛІ

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтауы

Құрметті жетісулықтар!

Қазақстан халқының бірлігі күніне орай шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Бұл мереке мемлекетіміздің ішкі тұрақтылығының, халқымыздың өзара түсіністігі мен мәдениетаралық диалогының маңызын арттыра отырып, ел бірлігінің бастауы, сыйластықтың символы, толеранттылықтың белгісі ретінде орнықты.

Ынтымақ пен келісімді нығайту еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда табысты дамуының кепілі әрі әлеуетті стратегиялық ресурс болып отыр. Бұл орайда ортақ тағдыр табыстырып, ортақ шаңырақ астына біріккен жер жаннаты Жетісудың халқы ақ ниет, адал еңбегімен елдік мақсат-мүддеге елеулі үлестерін қосып, сол арқылы өзара татулығы мен қамқорлығын, елжандылығын танытуда.

Құрметті жерлестер, осы айтулы күнде сіздерге және отбасыларыңызға мықты денсаулық, толайым табыс, қуаныш пен шаттық тілеймін.

Әр шаңырақта сенім мен сүйіспеншілік салтанат құрып, ынтымағы арта берсін.

Әрдайым еліміздің іргесі берік, еңсесі биік, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

30 сәуір,
сейсенбі,
2024 жыл
№51 (19334)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●



●ЖЫР ШАШУ

МЕЙМАҢДОС

Дәуірлердің ұңғысына байланып,
Ғасырлардың шоқпарына төтеген.
Аң ұрғанда аспан жерге айналып,
Рух жасынын зәу астынан төпеген.

Дала үнін кеудесіне сіңіріп,
Күркіреген көктің асқақ сазындай.
Қара суды қанағат қып сіміріп,
Жадыраған жайлаудағы жазымдай.

О, Алашым, менің асқақ ұлысым,
Берекені бақ деп білген озалдан.
Татулықпен түгел болып ырысың,
Аңсар шақта кертіп таттың ғазалдан.

«Адамзатты бауырым деп сүйетін»,
Абай салған жосын басқа, жол басқа.
О, Қазағым, қасиеттім, киелім,
Ардың жүзін теңер асыл алмасқа.

Сен меймандос, бірлік деген халықсың,
Содан шығар шаңырағың шуақтай.
Содан шығар, сәуле сынды жарықсың,
Содан шығар, басқан ізің шырақтай...

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

(3-бетке назар аударыңыз)

●ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ОРТАҚ МАҚСАТҚА ЖҰМЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өткен облыстық сенбілікте аймақтағы саябақтар мен аллеялар аумағын абаттандыру, қоқыстан тазарту, ағаш отырғызып, гүл егу жұмыстары белсенді жүргізілді. Шараға 8 мыңнан астам адам қатысып, 665 түп ағаш егіліп, 240 тонна қоқыс шығарылды.

Қажет АНДАС





Суреттерді түсірген Жеңіс БІСҚАБАЙ

Талдықорған қаласындағы сенбілікке облыс және қала әкімінің аппараты, облыстық басқармалар мен департаменттер, Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, қаладағы этномәдени бірлестіктердің мүшелері мен жастар ұйымдарының еріктілері, пәтер иелерінің кооперативі және барлық нысандағы меншік иелерінен 2000-нан астам адам қатысты. Сенбілікте 1200 дана шаруашылық керек-жарақтары үлестіріліп, 25 дана техника жұмылдырылды. «Көктем» скверінде 165 дана ағаш көшеті отырғызылса, Қаратал өзенінің жағалауындағы 5 шақырым аумақ тазартылып, жиналған қоқыс шығарылды.

Шараға қатысқан облыс әкімі Бейбіт Исабаев ағаш отырғызып, өзгелерге өнеге көрсетіп, этномәдени бірлестік мүшелерімен сыр-сұхбат құрып, олардың аймақтың өркендеуіне қатысты тиімді ұсыныс-тілектерін тыңдады. Жастар ұйымдарының өкілдерімен емен-жарқын әңгімелесіп, осынау істердің жастардың болашағы үшін жасалып жатқанын айтып, оларға қоршаған ортаны қорғау мен ел ертеңі үшін ерінбей еңбектенуге бағыт-бағдар көрсетті.

Сенбілікте облыстық қоғамдық даму басқармасы қоғамдық келісім орталығының өкілдері де белсенділік танытты. – Көктем шыға қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясына біздің ұжым да белсене атсалысуда. Осы реткі сенбілікке ұжымдағы жасы үлкендер де, жастар да толық қатысты. Мақсатымыз – өзіміз өмір сүрген ортаның көрікті болуы. Ал көрікті ортада ойға алған жоспардан қомақты нәтиже шығаруға болады. Біздің жұмысымызды облыс әкімі де үнемі қолдап келеді. Оның үстіне Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында Мемлекет басшысының бізге жүктеген міндеттері тіпті де ширата түсті, – дейді облыстық қоғамдық келісім орталығы басшысының кеңесшісі Құрметбек Сансызбайұлы.

Ағаш егу жұмысы мұнымен бітпейді. Алдағы уақытта да жалғасады. Бұл туралы Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қазірге дейін қала аумағында 1500-ге жуық әртүрлі ағаш көшеті отырғызылғанын айта келіп, күзде тағы да 5000 түп ағаш егу жоспарда бар екенін жеткізді. Көшеттер қала ішіндегі саябақтар мен жаңа шағынаудандарға егіледі. Сондай-ақ, егілген жас көшеттерді күтіп-баптау ісіне де айрықша назар аударылатынын жеткізді.

Қалалық сенбілік аясында Қаратал өзенінің бойы күл-қоқыстан тазаланып, көше мен үй аулалары абаттандырылды.

Аталмыш шара Алакөл ауданында жақсы ұйымдастырылды. Аудан орталығы Үшарал қаласындағы М. Дулепов және Қабанбай батыр көшелерінің бойындағы аллеяға аудан әкімінің аппараты 20 түп ағаш отырғызса, Үшарал қалалық округі аппараты және «Алакөл жылу» мекемесі мен аудандық бөлімдер және ұжымдар 50 түп ағаш отырғызып, 110 түп гүлді бұта ағашын екті.

Мұнан басқа да аудан, ауылдарда ағаш егіліп, жаппай тазалық жүріп жатты.

БАСПАСӨЗ – 2024



Қымбатты оқырман, екінші жартыжылдыққа жазылу басталды

Тарихыңды тарау-тарау мөрлеген, жеңісіңді алтын сөзбен зерлеген, қуанышының жаршысы, теңіздің ұлы тамшысы – «Jetisý» газеті төріңізден табылсын! Ұлылардың үнін, заңғарлардың жырын жаңғыртқан, байтақ жұрттың үнпарағына айналған ата басылыммен бір болайық. Елдің келелі ісін, биліктің кесімі мен шешімін, бұқараның тыныс-тіршілігін ақжолтай хабардан, сараптамадан салмақтап, жаныңызға жақын басылыммен сырласыңыз!

Қазына кеудесінен тағылым мен тәлім тарқатқан, ой-омартаңызға бал тұндырардай тұнық дүние ұсынар қарт басылым әр оқырманын асыға күтеді, жетісулықтар! «Jetisý» газетіне жазылыңыз, заман көшінде жүйрік журналистер ұсынған ақпараттан қалыс қалмаңыз.

Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5925,60	6235,20
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3693,60	4003,20
Жалпы жеке жазылу	**65469**	4125,60	4435,20

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	5100
2.	Зейнеткерлер үшін	2850
3.	Жалпы жеке жазылу	3500

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4750
2.	Зейнеткерлер үшін	2350
3.	Жалпы жеке жазылу	2900

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: 8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87474106909

●АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

ТӘТТІ ТҮБІР ЕГУГЕ ДЕН ҚОЙДЫ

Алакөл ауданында биыл 85130 гектар жерге егін егіледі. Оның 500 гектарына қант қызылшасы дақылын себу жоспарланған. Бүгінде өңірдегі 18 шаруа қожалық тәтті түбір себу жұмысын бастап кетті. Аудан әкімі Алмас Абдинов науқандық жұмыстың жай-жапсарын білу мақсатында шаруа қожалықтарын аралап қайтты.

Қажет АНДАС

Аудан әкімі Алмас Сапарғалиұлы Жанама ауылдық округі мен Қарабұлақ ауылындағы «Ақтұма» және «Жексенбек» шаруа қожалықтарында болып, жұмыс барысын тексерді. Қант қызылшасын себуді негізгі кәсіп көзіне айналдырған «Ақтұма» ШҚ 100 гектар, «Жексенбек» ШҚ 30 гектар жерге тәтті түбір тұқымын сеуіп, өнім көлемін молайтуды көздеп отыр.

Аудан басшысы өткен жылы орташа салмағы 6-8 келі болатын тәтті түбір өсіріп, рекорд жасаған Көлбай ауылдық округіндегі шаруа қожалықтарының басшыларымен де кездесіп, жұмыстарына сәттілік тілеп қайтты. Жол бойында орналасқан «Қайрат» шаруа қожалығының мамандары «30 гектар жерден мол өнім аламыз» деп сенім білдірсе, заманауи техникамен толық жабдықталған «Самет Агро» шаруа қожалығы 140 гектар алқапқа қант қызылшасын сепкен. Ырғайты ауылдық округіндегі «Ақсұңқар» шаруа қожалығы 50 гектар егістік алқабына қант қызылшасын сеуіп, күтіп-баптау жұмыстарының қамына кіріскен.

Мамандардың айтуынша, қант қызылшасы 3 см тереңдіктегі ылғалды топыраққа қоспасымен бірге түсуі керек. Сонда ғана тұқым тез өніп шығады. «Bolat Group LTD» ЖШС-нің басшысы Болат Сейрбаев себу жұмысының осы талап бойынша жүріп жатқанын жеткізді. Биыл 285 гектар жерге тәтті түбір себетін шаруа қожалығы суды үнемдеу, жер құнарын сақтау, өнім көлемін молайту мақсатында бірінші рет тамшылатып суару әдісін қолданбақ. Қазіргі таңда шаруа қожалығының егістік алқабында жер жырту, бұрғыма қазып, тазалау жұмысы қызу атқарылуда.

Расында, алакөлдік диқандардың тамшылатып суару технологиясын қант қызылшасын өсіруге қолдануда кенжелеп қалғанын жасырмаймыз. Көрші елдер бұл әдістің арқасында гектарынан 120-150 тонна қант қызылшасын алып отыр. Алакөлдік шаруалардың көктемгі дала жұмыстарын тиімді жүргізуі үшін мемлекет тарапынан «Кең дала», «Агро бизнес» бағдарламалары аясында 905 млн. теңге қаражат бөлініп, арзандатылған жанар-жағармай қоры әзірленген.

Шаруалар ендігі жерде ауа райы қолайлы болып, күзгі жиынтерінде мол өнім алсақ деп отыр.

Алакөл ауданы

Қожалықтарға көмек

●МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Мемлекеттік қолдау құралдарының бірі «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ӨДИ» АҚ арқылы жеңілдетілген шарттармен шаруаларды лизинг арқылы техникамен қамтамасыз ету.

Бұл бағытта 2011 жылдан бастап 2022 жылға дейін Жетісу және Алматы облыстарында машина-трактор паркін жаңарту мақсатында 61 сервистік-дайындау орталығы құрылып, оларға 15 млрд. теңгеге 1 479 бірлік ауылшаруашылығы техникасы берілді.

Сервистік-дайындау орталықтарын ұйымдастыру биыл да жалғасып, қант қызылшасы бағытындағы 35 шаруа қожалығы 8 сервистік-дайындау орталығына біріктірілді. Осы сервистік орталықтарына 62 бірлік техника сатып алу жұмысы жүргізілуде, оның ішінде 28 сепкіш, 19 комбайн, 15 сабақ жинайтын машина бар. Бүгінгі танда шаруаларға 22 дана сепкіш берілді.

Жоба 2 млрд. 514 млн. теңгені құрады, оның 1 млрд. 754 млн. теңгесі бюджет, 760,2 млн. теңгесі қоғам қаражаты. Сатып алынатын техника лизингке 10 жыл мерзімге 2,5% жылдық сыйақы мөлшерлемесімен және 2 жыл каникулдық кезеңмен берілуде.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ


●АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС

МАЛ ӨСІРУ МАЙТАЛМАНЫ

Дулатхан Кегенбеков қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Нұрлан мал бағудың қыр-сырын жетік меңгеріп, ісін шебер атқара білді. Ветеринария мамандығы бойынша білімі бар. 1986 жылы әке жолын жалғап, Сарыбұлақ асыл тұқымды қой зауытында еңбек жолын бастаған.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

«Сарыбұлақ» қой кеңшарында шопан көмекшісі, кейіннен аға шопан болып, өзіне мол тәжірибе жинады. 2001 жылға дейін асыл тұқымды қой шаруашылығын өркендеткен кеңшардың даму жолында тер төгіп, аға буындармен етене қызмет етті. Кейіннен қой шаруашылығы тарап, жекеменшікке шықты. Сөйтіп, «Арай» жеке шаруа қожалығы құрылды. Бұл Дулатхан



Нұранұлының алдағы жетістіктерінің ең үлкен қадамы болды.

2002 жылы қазақтың биязы жүнді аналық қойын Германияның «дойче мериноф-лейшшаф» қошқарларымен шағылыстыру арқылы алынған будандарды өсіру әдісі пайдаланылды. Будандастыру Дулатхан Нұранұлының жеке шаруа қожалығында жүргізілді. Сөйтіп, ет бағытындағы малдың таза тұқымын өсіру әдісі қолданылды. Қойдың жаңа тұқымы жыл бойы шалғай жайлауда, әсіресе, шөл және шөлейтті белдеудегі жайылымдарда жайылды. Қыстың қақаған аязына да жақсы бейімделді. Дулатхан Нұранұлы әр жылдың жаз айларын Кербұлақ ауданына қарасты Сатылы жайлауында өткізеді.

2003 жылы «етті меринос» қоғамдық ұйымы құрылып, бірлестіктің төрағасы болып тағайындалды. Сарыбұлақ асыл тұқымды қой шаруашылығында қазақтың биязы жүнді қой тұқымын дамыту жолында өзінің еңбегін тікелей ғылыммен байланыстырып, шаруашылыққа енгізді. Австралиялық меринос, етті-жүнді меринос және Арқар меринос қой тұқымдарын толық зерттеп, өз тәжірибесінде қолданды.

2001-2010 жылдар аралығында ет өнімділігін арттыру және биязы жүн сапасын жақсарту мақсатында ғалымдармен бірлесе жұмыс істеп, зерттеу жүргізді. Биязы жүнді қойдың етті бағыттағы меринос тұқымы Сарыбұлақ асыл тұқымды қой шаруашылығында шоғырланған. Дулатхан Нұранұлы еліміздің отандық ғалымдарымен бірге етті меринос жаңа қой тұқымының сапасын анықтап, 2010 жылы мемлекеттік комиссияға ұсынып, 2011 жылы зияткерлік комитет тарапынан селекциялық жетістік ретінде мақұлданып, патент берілді. Бұл қой шаруашылығындағы ең үлкен ғылыми тәжірибелік жетістіктердің бірі.

2019 жылы Қ. Медеубеков атындағы Қазақ қой шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институтында Қазақстанның қой өсірушілерінің конгресі ұйымдастырылып, оған алыс, жақын шетелдерден сала мамандары шақырылды. Осы конгресте Дулатхан Кегенбековке мал өнімдерін өндірудің жаңа технологиясындағы үлкен мәселелерге, әсіресе, ауылшаруашылығы өндірісінде қой шаруашылығының өндірістік технологиясын жасап, осы әдістерді мал шаруашылығында кеңінен енгізгені үшін, сонымен бірге қой өсіру саласын дамытуға және кеңінен таратуға атсалысқан ерен еңбегі үшін ҚР Ғылым мен техника саласының Мемлекеттік сыйлығы беріліп, қой тұқымының авторы ретінде де марапатқа қол жеткізді.

Сондай-ақ, ол ҚР-ның қой шаруашылығындағы Зияткерлік комитетінің «Автор породы» («Етті меринос») атты медалімен марапатталды, 10 жыл бойы қой шаруашылығында ғалымдармен жасалған зерттеу жұмысының нәтижесінде жаңа қой тұқымы туралы «Жаңа тұқым – етті меринос» кітабы жарыққа шықты. Сонымен бірге, Қ. Медеубеков атындағы «Қазақ қой шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институтының мүшесі» төсбелгісінің иегері атанды. Өткен жылы Ауылшаруашылығы саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Кейіпкеріміз бүгінде қой шаруашылығының тамаша білгірі, етті меринос тұқымының жоғары бағалы қойын өсіру бойынша селекционер және технолог. 2004 жылы құрылған «Арай» жеке шаруа қожалығында қазір биязы жүнді етті меринос қойын өсіру жалғасып, тұқымын асылдандыру белсенді жүргізілуде. Бүгінде қожалықта барлығы 600 бас ұсақ мал бар, оның 500 басы аналық, 13 басы қошқар. Сонымен бірге 20 жылқы, 20-дан аса ірі қара бағылуда. Шаруашылыққа қажет техникалар да жұмыс атқарып тұр. Өздерінде бар 633 гектар жердің бәрі жайылымдық. Сондай-ақ, 4 адам еңбек етеді.

Дулатхан Нұранұлының зайыбы Ұлтуар Тұрлықожақызымен отау құрғандарына 40 жыл толды. Ұл-қыздарын тәрбиелеп, немерелеріне қарайласып отырған бұл отбасы бүгінде көпке үлгі. Ұлтуар Тұрлықожақызы көпбалалы ана, «Күміс алқа» иегері. Ата-ана ретінде ұл-қыздарының еңбек пен білімге құлшынысын оятып, биік белестерден көрінуіне септіктерін тигізді. Дулатхан Нұранұлы, сондай-ақ, Сарыбұлақ ауылдық округі халқының әлеуметтік-экономикалық дамуына да елеулі үлес қосып келеді.

Кербұлақ ауданы

●ДАМУ

ШАРУАСЫ ШАЛҚЫҒАН ҚОЖАЛЫҚ

Төрт түлік өсірген шаруа шығынсыз болуы үшін жер игерумен де, егін егумен де айналысуы керек. Қазіргі мал ұстаған жандардың басым қателігі осы. Қора-қора қой, табын-табын сиыр ұстағанымен жер тырмалап, дән сеппейді. Есесіне, мал азығын сатып алады. Қазір жемшөптің бағасы аспандап тұр. Былай айтқанда, қолдағы қойдың да, мүйізді ірі қараның да табысты болмағы үшін шаруалар егін егуге машықтануы тиіс. Бұл Ескелді ауданындағы, тек Ескелді ауданы емес, тұтас Жетісу жеріндегі озық шаруашылық саналатын «Хильниченко и К» шаруа қожалығы төрағасының орынбасары Александр Хильниченконың сөзі. Жуырда жайлауында мыңғырған мал, алқабында бар дақылды егетін шаруа қожалығы жайында білмекке барғанбыз. Сонда көктемнің қызған тірлігіне қарамай А. Хильниченко өз шаруаларымен қатар саладағы кемшін жайлардың байыбын таразылаған еді.

Дастанбек САДЫҚ



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

«Хильниченко и К» шаруа қожалығы Ескелді ауданында мол табысты әрі жұмысшысы көп құрылым. Қазір мұнда 438 аудан тұрғыны нәпақа тауып жүр. Орташа жалақы 240 мың теңгені маңайлайды. Шаруашылық жетекшісінің сөзінше, еңбек өнімділігіне орай едәуір жоғары жалақы алатындар да бар. Жоспар еселеніп орындалған жағдайда мұндағы жұмысшылар 750 мың теңгеге дейін табыс таба алады. Оның үстіне шаруашылық еңбеккерлерге барынша жағдай жасап келеді. Сұраныстағы мамандарды сырттан алдырып, оларды баспанамен де қамтамасыз етеді. Тіпті, біліктілігін де арттырады. Арнайы оқу орындарында білігін жетілдіреді. Жұмысшылар тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Дейтұрғанмен, қожалықта, жалпы, ауылшаруашылығында жұмыс істеуге құлықты жастар кемшін. Мұны Александр Хильниченко жиі айтып жүр.

– Тап қазір ауылшаруашылығы саласында кадр тапшылығы байқалуда. Бүгінде бізге мал дәрігері, агроном сынды мамандар ауадай қажет. Алдағы 10 жылда бұл салада жұмыс істейтіндер азаяды. Бірер жыл бұрын өзімізге қажетті мамандарды жоғары оқу орнынан оқытуды қолға алдық. Оқу ақысын өзіміз төледік. Қажетімізге жарайды деген жастар қолына дипломы тиісімен ауылда тұрмайтынын, салада жұмыс істемейтінін, есесіне қалада кафе мен мейрамханада даяшы болуға ниетті екенін жеткізгенде шалқамыздан түстік. Содан бері өз мамандарымызды оқытып, білімін жетілдірудеміз. Кешегі сауыншы қазір технолог, кешегі трактортшы қазір бас инженер болып қызмет етуде. Еліміздегі инфляцияға байланысты биыл жұмысшылардың жалақысын 20 пайызға арттырдық, – дейді төрағаның орынбасары.

Қожалық бүгінде тұрмысына үш бағытты арқау еткен: егін, мал өсіру және өңдеу. Әуелгісіне келер болсақ, бүгінде қауқарлы құрылым 105 гектарға соя, 125 гектарға дәнді жүгері, 325 гектарға сүрлемдік жүгері, 400 гектарға тәтті түбір және 2200 гектарға күздік бидай егуде. Александр Викторұлының айтуынша, осынша алқаптан мол өнім алу үшін сапалы тұқым мен еселі еңбек керек. Екі аптаға кеш басталған дала жұмыстары қазір жоспарға сай жүруде. Көктем қырын мінез танытпаса, егін егу дер уақытында аяқталмақ.

Шаруашылықта техника да жеткілікті. Мұнда заманауи 40 трактор, 6 дәнді дақыл жинайтын комбайн, 3 тәтті түбір жинайтын комбайн және 2 мал азығын даярлайтын техника бар. Оған 10 жүк көлігін қосыңыз. Айта кететін жайт, шаруа қожалық егілетін дақылдың тұқымын шетелден, ал себілетін тыңайтқыштың бәрін тікелей зауыттан алады. Биыл 1 мың тонна аммоний сульфатын «АрсеналМиттальТеміртау» зауытынан алса, 200 тонна аммофос тыңайтқышын «Казфосфат» кәсіпорнынан алған.

Жалпы, Ескелді ауданында 9 тауарлы-сүт фермасы болса, соның төртеуі «Хильниченко и К» шаруа қожалығына тиесілі. 2022 жылы шаруашылық 300 млн. теңге өз қаржысы есебінен толық автоматтандырылған 4-ші ферманы іске қосқан еді. Жалпы, фермалардың барлығында адам еңбегі аз жұмсалады. Бәрі де толық автоматтандырылған. Айтпақшы, қожалықта Алатау тұқымды 3 мың бас мүйізді ірі қара болса, оның 1 мыңы аналық. Александр Викторұлының айтуынша, селекция жүргізу нәтижесінде өнімділікті арттыру қолға алынған. Кеңес заманында бір сиырдан жылына 3200 литр сүт лактациясын алу қалыпты жағдай болса, селекция нәтижесінде тауарлы-сүт фермасындағы мүйізділерден 5173 литр сүт лактациясы алынады. Бұл рекордтық көрсеткіш. Мұнан өзге, шаруашылықта 5 мың бас меринос қойы өсіріледі. Айта кететін жайт, шаруашылық мал етін сатумен де айналысады. Мал бордақылау цехынан шыққан сиыр еті 2200 теңгеден, қой еті 2000 теңгеден дүкен сөресінде тұр.

Жоғарыда айтқанымыздай, шаруа қожалығының үшінші бағыты – өңдеу. Қазір шаруашылықта жартылай даярланған өнім цехы, диірмен, макарон цехы, жарма цехы және шұжық цехы бар. Өз өнімінен шұжықтың 14, жартылай даярланған өнімнің 12, макаронның 9 және жарманың 4 түрі шығарылады.

Александр Хильниченко жетекшілік ететін қожалық әзірге өңірдегі өзі өндіріп, өзі өңдеп, дайын өнімді нарыққа шығаратын құрылым болып қала бермек. Заман ағымына сай жаңғырып жатқан шаруашылық өркенін одан әрі жая түседі.

Ескелді ауданы

● МАЙДАНГЕР

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМДЕР

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап, елін қорғап қалған көпұлтты кеңес халқының 1941-1945 соғыс жылдарындағы таңғажайып ерлігін, даңқты істерін еш уақытта ұмыта алмаймыз.

Қазақ халқының қайсар ұлдары да әлемді елеңдеткен Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанды. Алакөл өңірі де ел басына төнген қасіреттен тыс қалмай, азаматтарын майданға аттандарды. Тылдағы қалың ел де «Бәрі де майдан үшін!» деп төрт жыл аянбай тер төкті.

Тыныштықбек Бигелдин 1916 жылы Алакөл өңіріндегі Қарлығаш ауылында дүниеге келген. Бала арманы тарих пәнінен мұғалім болып еңбек ету еді. Алматы қаласындағы Қазақ педагогикалық институтында оқып жүріп, 1941 жылы майданға шақыртылды. Соғыстың нағыз қанды ортасына айналған ошағы Ленинград майданына қатысып от кешті, жауымен бетпе-бет келді. Туған жерін неміс басқыншыларының таптауына жол бермеу үшін бар күшін салды. Осылайша Отан алдындағы міндетін абыроймен атқарып, еліне оралды. Майдангер Қазақ педагогикалық институтындағы (ҚазПИ) жоғары оқуын жалғастырып, тарих мамандығын қызыл дипломға бітірді. Алакөл өңіріндегі Арқарлы ауылындағы мектепте тарих пәнінен ұстаз болып, балаларға ұлтжандылық тәлім-тәрбие берді. «Жеңістің 20 жылдығы», «Жеңістің 30 жылдығы», II дәрежелі Отан соғысы, «Кеңес Қарулы Күштеріне 60 жыл», т.б. орден-медальдармен марапатталды.

Нұрдәулет Жұманов 1926 жылы Алакөл ауданы Бибақан ауылында дүниеге келген. Аудандағы танымал еңбек ардагері. 1945-1947 жылдары бомбаланған, бүлінген, астан-кестеңі шығып, жан түршігерлік халге жеткен қалаларды қалпына келтіру жұмысына қатысып, қираған үйлердің үйіндісінен тазартуға атсалысты. 1968 жылы Қазақ КСР-інің депутаты болып сайланды. Нұрдәулет Абдрахманұлының аудан ауылшаруашылығына сіңірген көп жылғы ерен еңбегі ескеріліп, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Қаһарман аталарымыздың арқасында қазіргі жас ұрпақ бейбіт өмір сүріп жатыр. Біз – сол ержүрек ардагерлердің ұрпағымыз. Бүгінде ашық аспан астында Ұлы Жеңіс шұғыласының нұрына шомылып тұрып Отанымыздың сенімді қорғаны болған жандардың қасиетіне тағзым етеміз. Олардың ерлігі сан ғасырлар бойы ұмытылмай, мәңгі есте сақталмақ.

Рамазан ЖҰМАНОВ,
№21 орта мектептің мұғалімі
Өтенай ауылы,
Талдықорған қаласы

● ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Жеңіс күні қарсаңында Жетісу облыстық мемлекеттік архивінде «Ерлігі елге мұра» атты «дөңгелек үстел» өтті. Zhansugurov college студенттері мен оқытушылары, БАҚ өкілдері, мұрағат қызметкерлері қатысқан салтанатты шара соғыс жылдарындағы ерлердің ерлік істері өрнектелген бейнефильммен басталды.

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА

Шара аясында облыстық мұрағаттың бөлім басшысы Кенже Қанапиянова қатысушыларға жетісулық соғыс ардагерлеріне қатысты құжаттарды таныстырып, жастардың ғылыми-іздену жұмысына көмегі тиетін маңызды ақпараттармен бөлісті. Сондай-ақ, бүгінгі таңда республика бойынша Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылардың бірыңғай базасы жасақталып жатқанын айта келіп, оған облыстағы мұрағаттарда сақталған құжаттар бойынша аты мәлім де беймәлім соғыс ардагерелерінің толық тізімі жолданғанын жеткізді.

Келесі кезекте мекеме қызметкерлері архив деректері бойынша құрастырылған кітаптарды таныстырып, мекеме директорының орынбасары Бағила Нүсіпова құжаттарды сақтаудың тәртібі туралы айтып берді. Осыдан кейін қатысушылар мұрағат қорларына экскурсия жасап, құжаттардың қалай сақталатындығы және оны зерттеу, ізденіс жұмысына пайдалануға қатысты тәжірибелерімен танысты.

– Кездесуде айтылған соғыс ардагерлері – нағыз батырлар. Осындай кездесу ұйымдастырып, тағылымды тәрбие бергені үшін архив қызметкерлеріне алғыс айтамыз. Өйткені бүгінгі күн ертең тарихқа айналады. Біз Жеңісті жақындатқан барлық ардагерлерге борыштымыз. Осы кісілердің ерлігі болмаса, бүгінгі еркін еліміз де болмас та еді. Бүгін көргеніміз бен естігенімізді достарымыз бен таныстарымызға бөлісіп, олардың да архивке деген қызығушылығын оятуға ықпал етеміз, – дейді 3-курс студенті, болашақ ағылшын тілі пәнінің ұстазы Мейрамбек Оспанбай.

Кездесу аясында облыстық «Jetisý» және «Вестник Жетісу» газетінің тілшілері өз ойымен бөлісіп, жастарды елжандылық пен Отан қорғаудағы абыройлы істерге белсене атсалысуға шабыттандырды.

Қ. ОМАРАҚЫН

● КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ

Су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға гуманитарлық көмек көрсету әлі жалғасып жатыр. Оған облыстағы кәсіпкерлер, ауылдағы ағайындар, әскери сала қызметкерлері, этнос өкілдері, еріктілер көп үлес қосуда. Бүгін сол қатарды Алакөл ауданы, Қамысқала ауылының азаматтары толықтырды. Олар 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні қарсаңында өз еріктерімен қаржы жинап, 2 млн. теңге тұратын тұрмыстық бұйымдарды су тасқыны орын алған аймақтарға жөнелтті.

Қажет АНДАС



АЛАКӨЛДІК азаматтардың көмегі

нәсіп қуып, басқа өңірге қоныс аударған қамысқалалық азаматтар ақылдаса келе қаржы жинап, су тасқынына ұшыраған аймақтағы ағайындарға көмек болсын дейтін ниетпен осы істі қолға алдық, – дейді Қамысқала ауылының тұрғыны Қайрат Түндебаев.

Осыған дейін де қаржылай қолдау көрсетіп келген қамысқалалықтар бұл ретте материалдық көмек беруді шешіпті.

– Қамысқалалық азаматтар жинаған қаржыға 100 адамға лайықталған көрпе-жастық, төсеніш, беторамал, кір жуатын ұнтақ, жуынуға арналған құралдар, басқа да гигиеналық заттар мен 100 балаға жететін керек-жарақ толық сатып алынды, – дейді Қамысқала ауылының әкімі Асқар Бүтіншінов.

Жалпы, су тасқыны орын алған кезден жетісулық азаматтар ұсынған материалдық көмекті жинап, тиісті жеріне жөнелтуге байланысты екі орын дайындалды. Ол Талдықорған қаласындағы Қонаев көшесінің №47 мекенжайы мен Достық үйі ғимаратына орналасты.

– Бір айдан бері апат болған аймаққа Қонаев көшесі, №47 мекенжайынан тонналап, «КамАЗ» көлігімен гуманитарлық көмек жөнелттік. Екінші нүктеден де сондай дүние аттанды. Жалпы, апат болған аймаққа көмектесуде жетісулықтар көш бастап тұр деуге болады, – дейді облыстық жастар басқармасы басшысының орынбасары Арнай Байжурынов.

Ағайындар жіберген заттарды түсіріп, қоймаға жинау, есепке алу, жіберілетін мекенжайын анықтап, қайтадан көліктерге тиеп жөнелту жұмысын қаладағы белсенді жастар күндіз-түні ерікті түрде атқарып жүр. «Көп түкірсе көл болады» деген осы.

● КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ

ІЗГІЛІКТІҢ НЫШАНЫ

Еліміздің су басып жатқан аймақтарына қолдау көрсету бойынша қайырымдылық іс-шаралары әлі де тоқтаған жоқ, нақты көмектер жалғасуда. Ірі компаниялар мен кәсіпорындар тарапынан жіберіліп жатқан гуманитарлық көмекпен қатар жекелеген адамдар да қаржылай көмек көрсетуде.

Жалпы алғанда қайырымдылық деген ізгі қасиет қазақтың қанында бар дүние екені белгілі. Көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созу адамгершіліктің көрінісі екенін уақыт өзі көрсетіп отыр. Бәрі адамның ниетіне байланысты десек, «адамға көмектессем» деген ниет болашақта жақсылық әкеледі деген наным бар.

Жан-жақтан еліміздің батыс өңірлеріне жіберіліп жатқан гуманитарлық көмектен біздің Жетісу өңірі де тыс қалған жоқ. Аталмыш өңірлерге бірнеше мәрте үлкен салмақты көліктермен халық тұтынатын тауарлар және басқа да қажетті дүниелер, құрылыс материалдарына дейін жөнелтілуде. Жетісулық ағайын бір күндік еңбекақысын арнайы есепшоттарға аударса, кәсіпкерлер мен қоғамдық ұйымдар қаржылай демеушілік көмегін жасап жатыр.

Солардың ішінде «Қазақ билері» алқасы қоғамдық бірлестігінің Жетісу облысы филиалының төрағасы Саржан Ержұманов жеке өз қаржысынан 1 млн.теңге, Жетісу облысы ішкі істер органының ардагерлер кеңесі 2 млн. 500 мың теңгені су тасқынынан зардап шеккендерге көмек ретінде жіберді.

Сауапты іс атқарған азаматтардың ізгілікті істерімен, қолдағы барымен ел басына түскен ауыртпалықты бөлісуге атсалысуы ізгіліктің, ауызбіршіліктің көрінісі екеніне тағы бір дәлел осы.

Баян ТАҢАТАРОВА

ОТБАСЫ БАНК

Қазақстанда «Наурыз» атты жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Баспана алушылардың өтінімдерін қабылдау мерзімі 30 маусымға дейін жалғасады. Бұл туралы «Отбасы банк» филиалы директорының орынбасары Қуандық Нұрғалиев, бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Мұрат Бүлегенов баспасөз мәслихатында айтты.

«НАУРЫЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Еңлік КЕНЕБАЙ

«Наурыз» бағдарламасының негізгі шарттары:

– алғашқы жарна – 20%;

– тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін несие бойынша мөлшерлеме – 7%;

– азаматтардың барлық санаттары үшін несие бойынша мөлшерлеме – 9%;

– несие мерзімі – 19 жылға дейін.

«Наурыз» бағдарламасына барлық қазақстандық азамат қатыса алады. Тұрғын үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдері, жұмыс істейтін жастар, жас отбасылар, тұрғын үй төлемдерін алушылар, «Отбасы банк» салымшылары, моноқалалардың, аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендердің тұрғындары кіреді.

Бағдарламаға қатысу үшін «Отбасы банкінен» депозит ашу қажет. Бірақ мұнда салым мерзімі ескерілмейді. Жинақ шотта кемі 1 миллион теңге қаражат болуы керек. Бұл соманы бағдарламаға қатысуға өтініш берер алдында аударуға да болады. Соңғы 5 жыл ішінде бағдарламаға қатысушының және оның отбасы мүшелерінің меншігінде тұрғын үй болмауы керек. Егер қатысушы некеде болмаса, онда тұрғын үйдің бар-жоқтығы тек өзінен тексеріледі. Бағдарламаға қатысушылардың ата-аналарынан тұрғын үйдің бар-жоғы тексерілмейді. Соңғы 6 айда ресми табыс көзі болуы тиіс.

Еңбек қызметінен түскен жалақы, кәсіпкерліктен түскен пайда, ақылы қызмет көрсету шарты бойынша түскен табыс, стипендия және тұрғын үй төлемдері кіріс көзі болып саналады. Егер бағдарламаға қатысушының табысы жеткіліксіз болса, онда ол екі адамды кепілгер ретінде қойып, баспаналы бола алады.

Бағдарлама аясында тұрғын үй сатып алу бойынша заемның ең жоғарғы мөлшері Алматы мен Астана қалаларында 36 миллион теңге болса, еліміздің басқа өңірлерінде 30 миллион теңге деп бекітілді. Бағдарламаға қатысушы пәтерді «Баспана маркет» порталынан таңдап, сатып ала алады. Бұл қызмет жаңа тұрғын үй бағдарламасының басталуы аясында тұрғын үй бағасының жасанды өсуіне жол бермеуі үшін жасалған қадам.

Жалпы, «Наурыз» бағдарламасы 8 жылға арналған. Осы уақыт аралығында елдегі 68 мың азамат жеке тұрғын үймен қамтамасыз етілмек. Биылдың өзінде 12 мың қазақстандық баспаналы болады деп жоспарлануда.

● ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ

ӨТІНІШТЕР АЯҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Талдықорғандағы Азаматтарды қабылдау орталығында облыстық сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Айдос Дауешов пен «Жетісу облысы тұтынушылар құқықтарын қорғау» ҚБ төрағасы Амир Газалиев тұтынушылардың мәселесі бойынша қоғамдық қабылдау өткізіп, азаматтарға құқықтық бағдар берді.

Жалпы, аймақта тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында өтініш артып келеді. Мысалы, биылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыстық сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментіне 544 өтініш түсіп *(2022 жылы 100 өтініш, яғни 5,8 есеге көбейген),* оның 213-і шешіліп, тұтынушыларға тиесілі 11787000 теңге қаражат қайтарылған.

Биылғы 1 тоқсанда 178 өтініш қаралып, оның 60 өтініші қанағаттандырылып, 79 өтінішке сипатына қарай түсіндірме жұмысы жүргізіліп, 21 өтініш қайта қарауға жіберілген. Осы кезеңде тұтынушыларға 3197000 теңге қайтарылған.

Қабылдау барысында тұтынушылардың бөлшек және электронды сауда, тұрмыстық қызмет саласы бойынша алаяқтарға жиі алданатынын айтып, көп шағымданатынын байқадық. Соның бірі қала тұрғыны Ғалия Мақабылқызы econikamarket.kz компаниясынан тізе ауруына шипа беретін жақпа майды 428 мың теңгеге сатып алып, оңбай алданғанын айтып мұң шақты. Компания тұтынушы жасының үлкендігін және сенгіштігін пайдаланып, уақыты өтіп кеткен тауарды алдап сатқан. Бұл тұтынушының денсаулығына кері әсер етіп, сырқаттан тез айығамын деп үміттенген тұрғын ауруына ауру қосып, емханалардың табалдырығын тоздырып жүр екен.

Тұтынушының арызын қабылдап, айтқанын мұқият зерделеген мамандар оның өтінішін тиісті мекмелерге жолдап, тиісінше жауап алып беруге тырысатынын жеткізді.

Алаяқтардың алдауына түскен Ғалия сияқты тұрғындардың құқығы өрескел бұзылып, моральдық және материалдық тұрғыда көп зиянға ұшырап жатқанын білдік. Сондықтан жерлестерімізге алаяқтарға алданып, сан соғып қалмау үшін тұтынушылардың құқығы туралы заңдық негіздерді үйренуге үндейміз.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

6 маусым,
бейсенбі,
2024 жыл
№66 (19349)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● БҮГІНГІ КҮН МӘСЕЛЕСІ



ҚОҚЫСТЫ ЖАҢА МЕКЕМЕ ШЫҒАРАДЫ

Талдықорған қаласында 1 маусымнан бастап тұрмыстық қатты қалдықтарды «Жаңа-Сана» ЖШС шығаратын болады. Осыған орай жергілікті БАҚ өкілдерімен кездескен мекеме басшылары тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдауға арналған 8 жаңа техникасын таныстырды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Серіктестік қызмет өрісіне Талдықорғанның көппәтерлі тұрғын үйлері, қыркүйек айында қаланың жеке секторы қосылады. Қала әкімі Ернат Бәзілдің айтуынша, осыған дейін қала аумағындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды шығарумен бірнеше компания айналысып келген. Ендігі кезекте бұл жұмыспен «Жаңа-Сана» ЖШС шұғылданып, қаланы толық қамтымақ. Мекеменің тағы бір ерекшелігі – әлеуметтік осал топтағы азаматтарға және көпбалалы отбасыларға, сондай-ақ, атаулы әлеуметтік көмек алатындарға да жеңілдік қарастырып отыр.

Жиында белгілі болғандай, «Жаңа-Сана» компаниясы барлық талапқа сай. Қала әкімдігі олармен 5 жылға келісімшартқа отырған. Егер жұмыс жақсы жүргізілсе, келісім тағы 5 жылға ұзартылмақ. Егер осы жылдар ішінде наразылық туындаса, онда шартта айыппұл санкциялары көзделген. Сондай-ақ, компания жазғы бақша кезеңінде 3 аптада бір рет дезинфекция, айына 1 рет кеміргіштерге қарсы дератизациялау, 3 аптада бір рет алаңдарға иістер мен зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізбек. Сонымен бірге компания 40-тан аса қала тұрғынын тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жалпы, бұл бағыттағы істің бәрі қала басшылығының бақылауында болмақ.

Өз кезегінде «Жаңа-Сана» ЖШС басшысы Алексей Савченко бұл жобаға 300 миллион теңге инвестиция салынғанын, жақында ғана Қорғастан 8 жаңа мамандандырылған көлік түрлері жеткізілгенін атап өтті. Жиын кезінде қоқыс тиейтін көліктердің бірінің жұмысын өндірістік учаске бастығы Андрей Кротов көрсетті.Қыркүйекке дейін техника саны 12-ге жеткізілмек.

Талдықорған қаласында 853 көпқабатты және 24,5 мың тұрғын үй бар, соның 14 мыңнан астамы заңды тұлға. «Жаңа-Сана» компаниясы жасалған шарттар негізінде көпқабатты тұрғын үй және қыркүйектен бастап жеке сектормен жұмыс істейтін болады. Заңды тұлғаларға экономикалық тұрғыдан кіммен жұмыс істеу тиімді болатынына таңдау құқығы беріледі.

Алексей Савченко сондай-ақ, базаның жалға алынатынын, онда абоненттік және өндірістік бөлімдер, машиналарға арналған үй-жайлар барын айтты. Компанияның Талдықорған қаласы бойынша филиалының басшысы Бауыржан Қасымханның сөзінше, пәтерлер мен онда тұратын тұрғындар саны бойынша база жаңартылған. Бұл іске «Тұрғын үй қызметінің» басшысы Марлен Қалықов көмек қолын созыпты. Сондай-ақ, олар «Биллинг» компаниясымен шарт жасасып, шот алу, түбіртек тарату, төлем алу жұмыстарымен айналысатын болады.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАРАТТЫ

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» демекші, жоқ-жітікке қарасу, жылағанға жұбаныш болып, сүрінгенді сүйеу, мұқтаж жандарға демеу болу – халқымыздың бойына сіңген асыл қасиет.

ҚР ҰҚК шегара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты жедел-техникалық бөлімінің бастығы полковник Ермек Ұлтанбековтің мұрындық болуымен тұрмыстық жағдайы төмен отбасыларға қайырымдылық жасау шарасы ұйымдастырылды. Майор Жанна Өмірова, кіші сержант Айдархан Бимурзанов, ефрейтор Талғат Сембаевтан құрылған топ үй-үйді аралап, алдын ала жасалған тізімге сай әр үйге азық-түлік таратты. Қамкөңіл жандар әскери қызметшілерге жасаған қамқорлықтары үшін шын жүректен ризашылық білдірді. Жедел-техникалық бөлімінде Панфилов ауданы, Головацкий ауылының әлеуметтік аз қамтылған отбасыларына көмек қолын созу үрдісі бұрыннан қалыптасқан.

А. НАЗАРҰЛЫ

● БРИФИНГ

СУ ҚОЙМАСЫ САЛЫНБАҚ

Жетісу облысында суармалы сумен қамту деңгейін жақсарту мақсатында 4 ауданда жаңа су қоймаларын салу көзделуде.

Бұл туралы облыстағы өңірлік коммуникация қызметінің алаңында өткен брифинг барысында «Қазсушар» РМК Жетісу филиалының директоры Саят Құдайбергенов хабарлады.

Биылғы вегетациялық кезеңнің өту барысы туралы баяндап берген филиал директоры мекеме теңгерімінде Жетісу және Алматы облыстарының аумағындағы 9 су қойма, 12 су торап, 3 су бөгеті және 5102,8 шақырымды магистральді, су таратушы канал және коллекторлық-дренаждық желілері бар екенін айтты.

Механикаландырылған тазарту жұмыстары бойынша облыста 92,632 шақырым ұзындықта, бетон жұмыстары 195,4 м3 көлемде жүргізілді. Жөндеу жұмыстары 8 бірлік гидротехникалық құрылыстарға, 7 бірлік гидрометриялық бекеттерге жасалынды. Облыста жаңа су шаруашылығы объектілерін салу, ирригациялық желілерді қалпына келтіру және реконструкциялау жөнінде іс-шаралар қабылдау мәселелері көзделген. Мәселен, Ескелді ауданындағы Балықты, Алакөл ауданындағы Жаманты, Көксу ауданындағы Быжы, Панфилов ауданындағы Қорғас, Өсек, Тышқан өзендеріне су қоймаларын салу көзделуде. Қазір жергілікті бюджеттен осы жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелері әзірленуде. Аталған су қоймалары салынатын болса, ол өз кезегінде суармалы сумен қамтуға оң әсерін тигізетін болады.

Е. БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

● ХАБАРЛАНДЫРУ

Текелі қаласының құрметті тұрғындары!

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев 2024 жылғы 20 маусымда сағат 10.00-де Текелі қалалық Мәдениет үйі ғимаратының *(Тәуелсіздік көшесі, 11)* 1-қабатында қала тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Қабылдауға облыс әкімі аппаратының азаматтар өтініштерінің қаралуын бақылау бөліміне 8 (7282) 40-25-06 телефон нөмірі арқылы алдын ала жазыла аласыздар.

Сондай-ақ сағат 11.00-де аймақ басшысы Мәдениет үйінде қала тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «jetisu_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y= сілтемесі бойынша және Текелі қаласы әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «Tekeli_akimdigi» парақшасында https://www.instagram.com/tekeli_akimdigi?igsh=MTZ5cDQ3NnVqOGpzNg== сілтемесі бойынша жүргізіледі.

● ТУРИЗМ



ЖАНҒА ЖАЙЛЫ АЛАКӨЛ

Алакөл ауданының әкімі Алмас Абдинов Ақши ауылында орналасқан «Alakol Resort» демалыс орнында кәсіпкерлермен кездесіп, көл жағалауын бекіту, электр жарығы, су, қоқыс, кәріз жүйесіне тазарту қондырғысын орнату, ауылдың ішкі көшелері, су көлігі, байланыс жүйесі, төтенше жағдайлардың алдын алу сынды мәселелерді талқылады.

Қажет АНДАС

Жиында әр сала басшылары туризмді дамытуда кенжелеп жатқан мәселелер бойынша есеп беріп, атқарылған ауқымды жұмыстарды таныстырды. Атап айтсақ, қажетті инфрақұрылым тарту бағыты бойынша бүгінгі таңда Алакөл ауданы әкімдігі тарапынан «Бескөл – Ақши» ауылдарының аралығына жоғары кернеулі 110 кВттық желілерді тарту бойынша жобалық-сметалық құжаты әзірленіп, бюджеттік өтінім жолданған. Сонымен қатар, Ақтоғай – Көктұма бағытында жоғары кернеулі 220 кВттық электр желісін салу жұмысының жобалық-сметалық құжатын әзірлеу жалғасуда.

Тұрғындарды толғандырған Алакөл жағалауындағы электр энергиясы мәселесін шешу мақсатында Ақши ауылында орналасқан қосалқы стансыға 2 дана 6300 кВт және 6 дана трансформатор орнатылып, пайдалануға берілген. Ақши ауылы мен көл жағалауын электрмен қамтамасыз ету, электр энергиясының өткізу қабілетін жоғарылату жұмыстары жоспар бойынша жүргізілуде.

Бүгінде көл жағалауындағы 77 демалыс орны орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылған. Тағы да 23 демалыс орны орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылуға өтініш білдірген. Демалыс орындары мен демалушыларға қолайлы жағдай туғызып, су жүйесімен толық әрі дұрыс қамтамасыз ету мақсатында «Алакөл су» МКК жұмысты бастап кеткен. Ал Ақши ауылындағы көл жағалауына 17 орынға автотұрақ салынып, арнайы жол белгілері орнатылған.

Ырғайты ауылдық округіне қарасты көл жағалауындағы санитарлық тазалық жұмысына жауапты мердігер «ALA COMPANY» ЖК және «Береке» ЖК 13 шақырым жерге 130 дана қоқыс жәшігін орнатса, мердігер «Ala company» ЖК қоқыс қалдықтарын арнайы орынға тасымалдау жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ, Ақши ауылындағы 3 шақырымда орналасқан қоқыс полигоны «Қыраубаева» ЖК-не сенімгерлік басқаруға және ақылы қызмет көрсетуге берілген. Олар бұл міндеттемені тыңғылықты атқаруда.

Биыл Ақши мен Көктұма туристік аймағында жаңадан 8 туристік нысан іске қосылып, демалыс орнын 310-ға жеткізу көзделуде. Ойға алған жоспар толық орындалғанда Алакөлге келетін турист саны 1 млн. 600 мың адамнан асады.

Алакөл ауданы

● БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ

ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

Ескелді аудандық мәслихат депутаттары әрбір елді мекендегі балалар ойын алаңының жай-күйімен танысты. Мұндағы мақсат – алаңқайлардағы спорт жабдықтарының ахуалын анықтау, қауіпсіздігін саралау.

«Amanat» партиясының «Бақытты отбасы» жобасы аясында өткен шараға Үміт Тортаева, Серік Шүкеновтер қатысып, зерделеу жүргізді. Халық қалаулылары тексеру барысында бірқатар кемшілік барын анықтады. Жергілікті билік өкілдеріне ескерту де жасады. Қалай дегенмен, дені сау ұрпақ өсіруге қиыраған ойын алаңқайы кері әсерін тигізеді. Жұмыс тобы кезінде сапалы істелген алаңқайлардың қолапайсыз қалыпқа енген бұл күйіне жастардың немкетті тірлігі сеп екенін қадап айтты. Былай айтқанда, вандалдар мемлекет меншігіне аяушылық танытпай отыр. Мұндай қолайсыздықты отбасыдағы тәрбие арқылы қалыпқа келтіруге болады. Депутаттар мұны назардан шығармау керегін, балалардың мүлкін сындырмау қажет екенін сөз етті. Жергілікті билік өкілдері кемшілікті жойып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге уағдаласты.

М. МАҚСЫМ
Ескелді ауданы

БАСПАСӨЗ – 2024



Қымбатты оқырман, екінші жартыжылдыққа жазылу жалғасуда

Тарихыңды тарау-тарау мөрлеген, жеңісіңді алтын сөзбен зерлеген, қуанышыңның жаршысы, теңіздің ұлы тамшысы – «Jetisý» газеті төріңізден табылсын! Ұлылардың үнін, заңғарлардың жырын жаңғыртқан, байтақ жұрттың үнпарағына айналған ата басылыммен бір болайық. Елдің келелі ісін, биліктің кесімі мен шешімін, бұқараның тыныс-тіршілігін ақжолтай хабардан, сараптамадан салмақтап, жаныңызға жақын басылыммен сырласыңыз!

Қазына кеудесінен тағылым мен тәлім тарқатқан, ой-омартаңызға бал тұндырардай тұнық дүние ұсынар қарт басылым әр оқырманын асыға күтеді, жетісулықтар! «Jetisý» газетіне жазылыңыз, заман көшінде жүйрік журналистер ұсынған ақпараттан қалыс қалмаңыз.

Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5925,60	6235,20
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3693,60	4003,20
Жалпы жеке жазылу	**65469**	4125,60	4435,20

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	5100
2.	Зейнеткерлер үшін	2850
3.	Жалпы жеке жазылу	3500

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4750
2.	Зейнеткерлер үшін	2350
3.	Жалпы жеке жазылу	2900

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: 8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87474106909

4 шілде,
бейсенбі,
2024 жыл
№78 (19361)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisu

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

■ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Сұлтан Дүйсембінов пен Ғалиасқар Сарыбаев облыстағы іссапары барысында Талдықорған қаласындағы бірқатар мекеменің жұмыс барысымен танысты.

Қажет АНДАС



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТИІМДІ ШЕШІЛМЕК

– Жұмыс сапарын Қаратал ауданындағы әлеуметтік нысандарды аралап, жаңадан салынып жатқан кәсіпорын жұмысымен танысып, тұрғындармен кездесуден бастадық. Өңірлерде қолға алынған жақсы жобаларды көріп, шешімін күткен түйткілді мәселелерді тыңдадық. Міне, бүгін облыс орталығындағы бірнеше нысанмен таныспақпыз. Жалпы, әр өңірде бір-біріне ұқсамайтын, тез арада шешуді қажет ететін мәселелер бар. Оны көріп, білу, жағдайын бағамдау біздің алдағы жұмысымызға септігін тигізеді, – дейді сенатор Сұлтан Мырзабекұлы.

Сенаторлар облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнар Тойлыбаеваның бастауымен іссапарын облыстық көпсалалы ауруханадан бастады. Ауруханының бас дәрігері Асқар Садықов медициналық нысанның бүгінгі жай-күйін, жеткен жетістігін баяндап берді. Дегенмен де, сырты сәулетті, айналасы әдемі, іші мұнтаздай нысанның да түйіні тарқамаған түйткілдері бар екен. Әсіресе, облыстық аурухана жылу, ыстық-суық су, тағы да басқа коммуналдық шығындарды өтей алмай отырғанын алға тартып, қаржы мәселесіндегі қиындықтарды шешіп беруін халық қалаулыларынан өтінді. Депутаттар бұл мәселені заңды тұрғыда қарастырып, оң шешімін табуға қолғабыс ететінін білдірді.

Келесі кезекте сенаторлар облыстағы бірден-бір жоғары оқу орны саналатын І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне барды. Университеттің ректоры Ермек Бөрібаев білім шаңырағының соңғы жаңалықтарымен таныстырған соң І. Жансүгіров шығармашылығын зерттеумен айналысатын орталыққа, журналистика және ақпарат мамандығын оқитын студенттерге арналған студияға, нанотехнологиялық зертханасына бас сұғып, заманауи құрылғылармен жабдықталған білім беру мүмкіндігін бағамдады. Сондай-ақ, білім шаңырағының жиынжайында педагог-ғалымдармен кездесіп, ұстаздар қауымының сұрақтарына жауап берді.

Келесі кезекте сенаторлар Талдықорған қаласындағы жүзу бассейніне бас сұқты. «Әу бастағы жоспар бойынша 570 орынға есептелген олимпиадалық жүзу бассейні халықаралық стандарттарға сәйкес келеді» деп ойлап жүруші едік. Сөйтсек, оның да кем-кетігі бар екен. Нысанға жауапты басшылардың баяндауынша, бассейн жыл бойы түрлі деңгейдегі спорттық жарыстар өткізуге, сол сияқты азаматтарды саламатты өмір салтына бейімдеуге, балаларды жүзуге үйретуге арналған. Қысқасы, болашақта су спортының орталығы болуына мүмкіндігі мол. Бірақ онда жүзу спортының жаңа түрлерін енгізіп, сол бойынша спортшыларды даярлауға бассейннің кейбір құрылғылары өлшемге сай жасалмаған. Басқа тұстарында да ақаулар баршылық. Оны заманға сай қалпына келтіруге тағы да қаржы керек. Бұл сұрақтарды да сенаторлар санасына іліп алды.

Соңында облыстық аурухана ұжымының жұмыс барысын көрді.

Білікті дәрігерлері мол, заманауи қондырғылармен толықтай жабдықталған нысанның жарты ғасыр бұрынғы жоспармен салынған ғимараты қызмет сапасын жақсартуға кедергі келтіріп жатқаны анық. Алдын ала болжам бойынша облыстық ауруханаға толық күрделі жөндеуден өткізу үшін 20 млрд. теңгеге жуық қаражат керек. Бұл қаржыны жергілікті бюджеттің қоржыны көтере алмайды. Ал оны республикалық бюджет есебінен шешу үшін сенаторлардың көмегі қажет.

– Іргетасы 1974 жылы қаланып, 1976 жылы қолданысқа берілген емдеу мекемесінің ғимаратына содан бері бірде-бір рет жөндеу жұмысы жүргізілмеген. Облыстағы қолданылу мерзімі бойынша ескі нысанның бірі саналады. 2021 жылдан бастап облыстық және қалалық әкімдік пен әр деңгейдегі мәслихаттардың қолдауымен нысанды күрделі жөндеуден өткізуге қатысты жобалық-сметалық құжатын жасау жұмысы басталған. Биыл толықтай бітеді деген ойдамыз. Бірақ күрделі жөндеу жұмысына кететін қаржы мәселесін шешу ғана қалып тұр, – дейді облыстық ауруханаңың бас дәрігері Анарбек Моңғолхан.

Нысандарды аралап, ондағы жетістіктерге жоғары бағасын берген сенаторлар шешімін күткен мәселелердің түйінін тарқату үшін қолдан келетін көмектерін көрсетуге уәде берді.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Талдықорғандық түлек ҰБТ-дан 133 балл жинады

■ ҰБТ-ның қай кезеңі болсын түлектерге оңайға соқпағаны ақиқат. Бұл уақытта бала үшін ата-ананың уайымы таудай болып зораятыны бар. Білім сыналатын кезде белдің де шыдас беруі керек сияқты. Яғни, межелі балды жинай алмай қалғанда оған бола түңіліп, болашақтан түбегейлі үміт үзудің қажеті жоқ. Әркімнің бір жарқ ететін сағаты соғатынын шындық десек, сол сәтті күткен абзал. Ал, талдықорғандық жас түлектер жоғары балл жинап өзін де, өзгені де қуантуда.

Медет ЖҰМАБАЙ



Әзілкештердің ҰБТ-ны «Бір күндік ұлы төңкеріс» дейтіні бар еді ғой. Шынымен де әлуметтік желіні ашып қалсаң биылғы түлектердің уда-шу, мәзмейрам болып жатқанын көріп іштей риза боласың. Әрине, ешқайсысының бұл сынақтан сүрінбегенін, оқыған еңбегінің зая кетпегенін қалаймыз.

№14 орта мектеп-гимназиясының түлегі физика-математика пәндерін таңдаған Бекасыл Рысбек Талдықорған қаласы бойынша көш бастап тұр. Ол ҰБТ-дан 133 балл жинаған. Бекасылмен біз де сұхбаттасып үлгердік. Оның айтуынша, көздеген межеге жету оңай болмаған. Қаншама ұйқысыз түндер, ізденіске толы күндер бүгін жемісін беріп отыр.

– Бұл күнге жеткеніме әлі де сене алар емеспін . Кеудемді кернеген қуаныште, айрықша әсерді әсте айтып жеткізе алмаспын. ҰБТ-ға дайындығымды қыркүйек айынан бастаған болатынмын. «Арыстан» онлайн курсына қатыса жүріп білімімді шыңдадым. Алдағы жоспарым өзім қалаған мамандықта оқып, жоғары деңгейлі маман болып шығу, – дейді ол.

Бекасылдың алдында Қ. Қасымов атындағы №28 ІТ мектеп-лицейінің түлегі, математика-география пәндерін таңдаған Алмат Санатұлы 132 балл жинап көш басында тұрған болатын. Мағжан Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясының түлегі Сабина Аблақат та жақсы нәтиже көрсетті. Ол 131 балл иеленген-тұғын.

Айта кетейік, қазіргі кезде Талдықорғандағы жалпы білім беретін мектептердің 18 бітірушісі ҰБТ-дан 116-дан 133 баллға дейін жинап отыр.

● ЕЛ ІШІНЕН

Қауіпті жерден көшірілді

■ Текеліде сел қаупі салдарынан алты жеке үй тұрғындары көшірілуде. Қазіргі таңда сел қаупі бар жердегі жағдай үнемі бақылауда.

Текелі қаласының әкімі Алмас Әділдің айтуынша, бұл үйлердің сел қаупі бар аймақта тұрғаны анықталған. Сондай-ақ, бұл мақсатқа бюджеттен 90 миллион теңге көлемінде қаражат бөлініпті. Төрт отбасы өздеріне берілген пәтерлерге көшіп келген. Ал екі отбасының үйін тастап кетуіне тура келсе, олар оның орнына ақшалай өтемақы алғысы келеді. Осы тұрғыда Алмас Қабдолұлы өтемақыға қатысты шешімді сот қабылдауы тиіс екенін жеткізді.

Шаһардың негізгі мәселелерінің бірі апатты үйлер болып табылады. Бүгінгі таңда Текелі қаласында 141 пәтерлі 15 апатты тұрғын үй бар және бұл мәселе кезең-кезеңмен шешімін тауып жатқан көрінеді. Өткен жылы апатты үйлер тұрғындарын көшіру үшін 93 пәтер сатып алынған, ал биыл 470 миллион теңгеге 48 пәтер сатып алу көзделіп отыр. Қала әкімдігінің мәліметінше, жоспарланған 48 пәтердің 11-і төтенше жағдай қызметкерлеріне берілмек.

Еске сала кетейік, осыдан екі жыл бұрын таулардағы әдемі қалашықта балшық селінің салдарынан бес жеке тұрғын үй қирап, бес жасар қыз бала қаза тапқан болатын.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Текелі қаласы

● ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

ЖАЗ – ШАРУА АЙЫ

■ Ауылдықтар жем-шөп дайындауға қызу кірісті. Өйткені, табиғат берген мол ырыздықты уақытылы жинап алмаса, қыс қысқанда қиналып қалатынымыз рас. Төрт түлік азығын әзірлеуге ауа райы да қолайлылық танытып тұр. Еңбекке қызу кіріскендер дала төсін дүбірге бөлеп, бел жазбай тер төгуде. Мал азығын әзірлеуге күреңбелдіктер де белсене атсалысып жатыр.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Аудан бойынша биыл 312,7 мың тонна мал азығын дайындау жоспарланған. Соның ішінде шөп, сабан, пішендеме, сүрлем және мал азықтық жем бар. Бүгінге дейін қысқа қажет азықтың 119, 4 мың тоннасы әзірленіп, шөптің 114,7 тоннасы жиналды. Сондай-ақ, өңірде 117 399 гектар егістік жерді игеру көзделген, соның бүгінде 26 мың 85 гектарына күздік бидай себіліпті. Осы уақытқа дейін тырмалануы тиіс алқаптардағы жұмыстар да толық біткен. Бұдан бөлек, жаздық дәнді дақылдардың тұқымын себу, картоп отырғызу сияқты шаруалар талапқа сай орындалған.

Ал бағалы дақыл саналатын тәтті түбір тұқымы 700 гектар жерге себіліп, жұмыстар уақытылы іске асты. Сонымен бірге биылғы егістік алқаптарына қажет минералды тыңайтқыштар мен гербицидтерге сұраныс пен өтінімдер берілді. Өңірдегі шаруашылық құрылымдарын тұқым дәрілейтін улы химикаттар мен пестицидтер және минералды тыңайтқыштармен қамту ісі де өз деңгейінде атқарылған. Шегіртке тектес, басқа да аса қауіпті зиянды организмдердің, өсімдік зиянкестерінің жаппай таралып, ауылшаруашылығы дақылдары өнімдеріне зиянын тигізуге жол бермеу мақсатында жұмыс тобы құрылған.



Айта кетейік, ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге биыл 515 тоннаға жанар-жағармайға келісімшарт жасалып, бүгінгі күнге 1160 тонна жанармай алыныпты. Шаруа қожалықтарына көктемгі науқанға қажет жанар-жағармай 250 теңгеден таратылған. Қазіргі уақытта ауылшаруашылығы техникаларын қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ететін 3 сауда орны жұмыс істейді. Оның екеуі Сарыөзек ауылында, біреуі Қоғалы ауылдық округінде орналасқан. Ауылдық округтердегі шаруашылық құрылымдарында техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеу кезінде техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы журналдар толтырылып, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау туралы талаптар қойылған.

Кербұлақ ауданы

● ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

Парламент Сенатының депутаты Ғалиасқар Сарыбаевтың өңір тұрғындарымен кездесуі әлі де жалғасуда. Осы апта жетісулық ардагерлер мен қоғамдық кеңес мүшелері және әр деңгейдегі мәслихат депутаттарымен түрлі тақырып төңірегінде ой бөлісті.



ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Қажет АНДАС

– Тұрғындармен кездесудің айырықша маңызы бар. Мұнда заң шығарушы органдардың жұмыс барысын таныстырып, оған жергілікті азаматтарды белсене қатысуға тарту. Яғни, жергілікті мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, тәжірибелі қариялар тұрғындармен етене жақын, қоян-қолтық жұмыс істейді. Өңірлердегі түйткілді мәселелер, шешімін күткен сұрақтар, халықтың өтініш-тілегін жақсы біледі. Сол сұрақтарды бізге жеткізсе, оны заңды түрде шешуге атсалысуға тиімді болады. Әрине, аудан, облыс деңгейінде шешілетін мәселелер болса оны жергілікті әр деңгейдегі мәслихат депутаттары өз құзырында жүзеге асыра береді. Ал республикалық деңгейде көтерілетін сұрақтарға көмектесуге дайынмын, – дейді Ғалиасқар Төлендіұлы.

– Бүгінде жетісулықтарды жиі мазалайтыны электр тарифінің қымбатшылығы. Тіл сарайында өткен кездесуде осы мәселе тағы айтылды. Сондай-ақ, денсаулық саласындағы жүйесіздік, дәрі-дәрмектің қымбатшылығы мен ауру балалардың көбеюі, зорлық-зомбылық, жемқорлықпен күрес мәселелерінің ұшығып тұрғаны, тағы да басқа жұрт жүрегін сыздатқан сұрақтардың көптігі де сөз болды. Ал аға буын мен жастар ортасындағы ұрпақ сабақтастығы мәселесі де назардан тыс қалмады.

Кездесуден соң сенатор Талдықорған қаласында салынып жатқан бірқатар нысанды аралап, жұмыс барысымен танысты. Алдымен «Жетісу арена» мұз айдынында болды. Бірегей спорт кешені тұрғындардың жаздың аптап ыстығында да қысқы спорт түрлерімен айналысуға толық мүмкіндік береді. Спорттың осы түрін дамытуға арналған мұз айдынының сапалы салынғаны бірден байқалады. Оны уақытымен тегістеп, қалпына келтіріп отыратын арнайы техникалар бар. Мұнда ауа температурасы да қалыпты. +5, 6 градус шамасында. Бір мезгілде 120 адамға дейін қабылдай алады. Жалға берілетін 200-ге жуық коньки бар. Арнайы нұсқаушылар да барын үйретуге дайын. Ашылғанына көп болмаған мұз айдынында 300-ден аса жасөспірім шорт трек, шайбалы хоккей, керлинг және мәнерлеп сырғанау спорт түрлері бойынша жаттығады. Алдағы уақытта бұл сан еселене түспек. Себебі, жаздық каникул болса да келушілердің қатары көп.

– Кешенде бір жарым сағат жаттығудың ақысы 2 мың теңге. Дегенмен мектеп оқушылары мен мұз спортына тәрбиелейтін ұжымдарға жеңілдік қарастырылған. Көпбалалы отбасы балаларына да жеңілдік беріледі, ал мүмкіндігі шектеулі жандарға тегін қызмет көрсетеді, – дейді «Жетісу арена» мұз айдынының директоры Қайратжан Омарбеков.

Келесі кезекте сенатор «Болашақ» шағын ауданында салынып жатқан «Жетісу» волейбол командасының жаттығу базасы мен клуб құрамындағыларға арналған тұрғын үй құрылысын да көрді. Инвесторлардың қаржысымен салынып жатқан нысан жаз соңына қарай қолданысқа беріледі деп күтілуде. Заман талабына сай келетін кешенде спортшылар үшін екі жаттығу залы, медпункт, киім ауыстыру мен жуыну бөлмесі бар. Сондай-ақ, арнайы оқу-жаттығуға қажетті барлық құрал-жабдық қарастырылады.

«Құрылыс жұмысы жыл басында басталған «Бірлік» шағын ауданындағы Үстел теннис орталығы қолданысқа берілген соң халықаралық сайыстар өткізіліп, қалалықтардың көңіл қуанышына айналады», деп ойлап жүруші едік. Өкінішке қарай, жұмыс қарқынды емес. Нысан кәсіпкерлердің жеке қаржысы есебімен жүргізіліп жатқанын айта кеткен жөн. Былай қарағанда құрылысшылар жанталасып жұмыс істеп жатқандай көрінгенмен, бұл тек өткелден өтіп кетудің амалы болса керек. Жоспар бойынша жыл соңына дейін қолданысқа берілуі мүмкін нысанның біте қоюы екіталай. Бұл жағдай сенатордың да көңіліне жақпады.

– Бәріміз осы қаланың тұрғынымыз. Бүгін әр жақта еңбек етіп жүрсек те түбі туған жерге табанымыз тиетіні анық. Демек, мұндай нысан біз үшін, балаларымыз үшін керек. Болашақта облыс орталығында осындай нысан салына ма, салынбай ма, ол жағын болжау қиын. Сондықтан құрылыс жұмысы сапалы әрі заманауи өлшемдерге сай жүргізілгені жөн. Бұл кешен құрылысы менің бақылауымда болады, – деді сенатор.

Ғалиасқар Төлендіұлы әр нысанға барғанда жауапты сала басшылары, мердігер компания өкілдері және құрылысшылармен пікірлесіп, жұмыс барысын сұрастырып, көңіліне толмаған тұстарын түртіп алып отырды. Өйткені, бұл ертеңгі жұмыс барысында назарда жүретін болады.

● ВЕТЕРИНАРИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

САЛА МАМАНДАРЫН МАРАПАТТАДЫ

Биылдан бастап 10 шілде Қазақстан «Ветеринария қызметкерлері күні» болып бекітіліп отыр. Ата кәсібіміздің дамуына айтарлықтай үлесін қосып отырған сала мамандарының қай уақытта да еңбегі ерен. Осыған орай Тіл сарайында мерекелік жиын өтті. Онда барлық аудан, қалалық ветеринария стансыларына арнайы автокөліктердің кілті тапсырылды.

Соңғы екі жыл ветеринариялық шараларды ұйымдастыру үшін облыстық бюджеттен 8,1 млрд. теңге бөлінген. Инфрақұрылымын жақсарту үшін 47 модульдік ветеринариялық пункт, 39 арнайы автокөлік, ветеринариялық препараттар тасымалдауға 1 рефрижератор, 238 планшет пен 217 компьютерлер жинағымен өңірдегі сала мамандары қамтылыпты.

Салтанатты шара шымылдығын облыстық ветеринария басқармасының басшысы Нұрлан Жамаубаев түрді. Ветеринарларды айтулы мерекелерімен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

– Ауылшаруашылық жануарларын бірдейлендіру үшін республикалық бюджеттен 96,5 млн. теңге бөлініп, 1 155 803 құлақ жапсырмалары алынып, аудан қалаларға жеткізілді. Сонымен



қатар, бюджеттен 1,2 млрд. теңге, оның ішінде 400 млн. теңгесі облыстық бюджеттен бөлініп, мал дәрігерлерінің орташа жалақысы 120 мың теңгеден 250-300 мың теңгеге дейін көтерілді. Бүгінгі күні Жетісу облысының ветеринария саласы Республика бойынша алдыңғы қатарда. Ол, аянбай тер төгіп жүрген қызметкерлеріміздің арқасы. Бүгінгі Ветеринария күні құтты болсын! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін, – деді ол.

Шара барысында Жетісу облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен, облыстық мәслихаттың Алғыс хатымен, «Өз ісінің маманы» төсбелгісімен, АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Құрмет және Алғыс грамоталарымен, «Жетісу облыстық ветеринария қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің «Еңбек адамы» төсбелгісімен бірқатар сала маманы марапатталды.

Жиын соңында жетісулық өнерпаздардың мерекелік тартулары көпшіліктің көңілін серпілтті.

Ясин ОРАЛБЕК

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Айтуар Қошмамбетовпен кездесу жиынында жетісулық кәсіпкерлер біраз мәселені көтерді.

КӘСІПКЕРЛЕР КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ

Осы орайда агроөнеркәсіп кешенінің мүшесі Жанатбек Сарғалдақов елімізде «Паразитизм туралы» Заң әзірлеп, енгізуді ұсынды. Кәсіпкердің айтуынша, қазір елімізде жұмыссыздар көп.

Десек те жұмыс істейтін адам жоқ. Мысалы, аграрлық салада күніне 10 мың теңгеге малшы, дала жұмыстарын атқаратын, дақылдарды суаратын адам табу қиын. Ал мұндай мәселелерге жастардың бас ауыртқысы келмейді және бұған алаңдамайды да. Жасыратыны жоқ, олар мұндай еңбекті беделді деп санамайды.

Егер, сол жастың мектеп пен жоғары оқу орындарын жақсы бітіруге немесе бос жұмыс орындарына барып еңбек етуге шамасы келмесе, онда жұмыс күші қажет жерлерге барып еңбек етулеріне қандай кедергі бар?! Сол себепті кәсіпкер елде «Паразитизм туралы» Заң енгізудің маңызды екенін айтты. Бұл бос жүрісті адамды азайтып, кәсіпорындардың барлық түрін жұмыс күшімен қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызбақ. Сонымен бірге ол тіркеусіз жеке кәсіп жүргізіп, несие алып, қарыз төлемей немесе алименттен жасырынып жұмыс істейтіндерді көлеңкеден шығару үшін керек.

Мұндай пікірге облыстық мәслихат депутаты, облыстық кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесінің төрағасы Римма Салықова да қосылды.

– Елімізде атаулы әлеуметтік көмек енгізілді. Осыған байланысты кейбір отбасыларда дені сау ер адамдар жұмысты тастап кетті. Себебі, АӘК алу құжаттарында отбасының табысы жоқ екені көрсетілу керек. Қалай болғанда да елімізде дені сау барлық адам жұмыс істеуі тиіс,– деді Римма Аждарқызы.

Сондай-ақ, ол арнайы әлеуметтік төлемдерді тек кішкентай балаларымен декретте отырған аналар, еңбекке жарамсыз адамдар мен отбасыларында мүгедектігі бар туыстарына немесе әлсіз қарттарға күтім жасайтын азаматтар ғана алуы тиіс екенін айтып, ойын жеткізді.

А. ЫБЫРАЙ

Талдықорған қаласы

КЕЛІСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС

Қоғам игілігі үшін істелген әр іс бүгін бар, ертең жоқ болмауы тиіс. Қолда барды ұқсату, жасалған дүниенің ғұмырын ұзақ ету – мемлекеттің басты мақсаты. Бүгін жасалған істің халық ертең орнын сипап қалуы өткеннің еншісінде, кеткеннің көлеңкесінде қалды. Өйткені мемлекет әрбір қазақстандықтың қолайлы һәм қауіпсіз ортада өмір сүруі үшін бар жағдайды жасауда. Бұл біздің емес, Жетісу өңіріне сапарлай келіп, облыс аумағындағы өзекті мәселелерді шешудің жолын қарастырып жүрген ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Жанболат Жөргенбаев пен Амангелді Төлемісовтің сөзі. Кербұлақ ауданына атбасын бұрған халық қалаулылары әбден жауыр болған түйткілдің тінін тарқатуға барған-ды.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Дастанбек САДЫҚ

Кербұлақ және Панфилов аудандары арасын республикалық маңыздағы күрежол жалғап жатыр. «Сарыөзек – Көктал», «Көктал – Жаркент – Қорғас» жолының жайы қанша уақыттан бері тұрғындардың шекесін қыздырған. Жолдың жөндеу көрмегені, қырық жамауға айналғаны жергілікті атқамінерлердің де жүйкесін жұқартты. Бірақ, бюджеттен қаржы қаралып, «Жамал апаны әбден қартайтқан» шулы жолдың 81 шақырымы жөндеуден өтуде. Нақты айтқанда, «Сарыөзек – Көктал» тасжолының 43 шақырымы және «Көктал – Жаркент» жолының 16 шақырымы орташа жөндеуден өтті. Ал «Сарыөзек – Көктал» күретамырының (45-68 шақырымы аралығы) 23 шақырымы күрделі жөндеуден өтуде. Биыл пайдалануға берілмек. Енді жүргізушілер жол ыңғайына қарай тегіс маңын іздеп жүрмейді. Халық қалаулылары жөндеу жұмыстарына разылығын да білдірді. Бірақ. Сөз арасын осы бірақ бұзатынындай, жол ғұмырын ұзақ етуде бір кілтипан бар. Сол кемшін жайдың басында «Alacem» цемент зауыты мен «Сарыөзек – Көктал» тас жолының 65 шақырымы тұр. 65 шақырымда зауыттың карьері орналасқан. Ауыр жүк көліктері шикізатты сол маңнан тасиды. Тұрғындардың талабына сай 11 млрд. теңгеден астам қаржыға жөнделген жол мұндай ауыр жүк таситын көліктердің табаны астында ұзақ шыдас бермейді. Асфальт толқиды, мүжіледі, жарамсыз күйге түсуі әп-сәтте. Жол жөндеу жұмыстарын бақылай келген халық қалаулылары бұл олқылықты болдырмау қажет екенін алға тартты.

– Азғантай уақыт ішінде шикізат тиеген ауыр көліктер жанымыздан өтті. Бір емес, бірнешеуі. Мұндай қарқынмен жаңадан төселген жол ұзаққа бармайды. Өңір үшін өндіріс қажет. Бірақ, мемлекетіміздің басты байлығы адам екенін ұмытпағанымыз абзал. Мемлекет басшысы «Баршаға бірдей мүмкіндік» қағидасын тегін ұсынған жоқ. Тұрғындар бір ғана өндіріс орны үшін жол азабын қайта тартпауы керек. «Қазавтожол» мекемесі жөндеу жұмыстарына түзету енгізуі тиіс. «Alacem» цемент зауыты жүк тасымал көлеміне емес, көлік санына орай ақы төлеуді ұйымдастырғаны абзал. Негізі келісіп пішкен тон келте болмайды, – деді сенатор Жанболат Жөргенбаев.

«Жөнді қағылмаған соң тағаны жоғалттық. Тағаны жоғалту нәтижесінде ат мертікті. Жылқының жарақаттануынан хабарлама тиісті жерге жетпеді. Хабар жетпеген соң соғыстан жеңілдік» деген жапон нақылы бар. Айтылуы қарапайым болғанмен астарында үлкен мән бар. Жаңадан салынған жолдың сапасын қалпында ұстауда жауапкершілік жайы осы жапон нақылымен астасып жатқандай. ҚР Парламенті Сенатының депутаттары «Alacem» зауытының өкілдерін мемлекеттік маңызы бар инфрақұрылымға жауапкершілікпен қарау керегін алға тартты. Тіпті, Амангелді Төлемісов зауыт үшін техникалық жол салу қажет екенін ұсынды. «Қазавтожол» АҚ Жетісу облыстық филиалы басшысының орынбасары Жасұлан Қалтаев зауыттың техникалық жол салуға құлықты екенін, тек жергілікті әкімдік жол салуға жерді ретестіргенін күтіп жүргенін сөз етті. Ал жөндеу жұмыстары аяқталғанда жол бойында арнайы таразылар тұратынын, сол құрылғылар арқылы ауыр жүк көліктерінің жүріп-тұруы ретке келетінін алға тартты құзырлы мекеме өкілі.

Түс ауа ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің, облыстық мәслихаттың депутаттары Ескелді ауданына бағыт алды. Мұндағы мақсат – өңірдің экономикалық локомотиві саналатын ауыл шаруашылығындағы негізгі мәселелермен танысу. Ескелді ауданы әу бастан егін мен малшаруашылығына иек артады. Бұл ауданның өндіріссіз екенін білдірмесе керек. Дейтұрғанмен мұндағы ағайын жер тырнап нәпақа табуда. Диқан үшін қай кезде де су маңызды. Ескелді ауданына қарасты Қарабұлақ ауылының маңындағы Қаратал өзеніндегі бөгет аудан мен Талдықорған қаласындағы шаруалардың 13 мың гектар суармалы егістігінің қажетіне жарап тұр. Дейтұрғанмен 1976 жылы салынған нысан әбден тозған. Салынғаннан бері күрделі жөндеу көрмеген. Бұранда көтергіштер мен бетон жабындардың мүшкіл хәлін баян еткен аудан әкімі Елдос Ахметов бөгеттің су жүйелерін қалпына келтіру кешенді жоспары тізіміне енгенін сөз етті.

Кербұлақ-Ескелді аудандары

● МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ ТАЛАПТАРЫ

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің мемлекет тұрақтылығының кепілі екені сөзсіз. Олар мемлекеттік қызметтегі мінезқұлық қағидаларын реттейтін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін басшылыққа алуға міндетті. Кодекске сәйкес, мемлекеттік қызметші жоғары кәсіби, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға тиіс.

Осы концепцияларды мемлекеттік қызметшілердің арасында кеңінен насихаттау мақсатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының қызметкерлері Алмаз Қалибеков пен Жандос Әсембай облыстық қазынашылық департаментінің мемлекеттік қызметшілерімен кездесу өткізді. Кездесуде мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың талаптары және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында олардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және нығайту бойынша кеңінен айтылды.

Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттыру және халықпен кері байланысты жақсарту үшін жұмыс істеу қажет. Осы тұрғыдан алғанда жаңа Әдеп кодексінің қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсіну мен қолдануда маңызы зор. Өз кезегінде Кодекстің құрылымында «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» атты жаңа тарау пайда болды, соған сәйкес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі алты қағидатқа негізделген.

Мемлекеттік қызметшінің мәртебесі өзінің бар міндеттерінен басқа «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңында көзделген мемлекеттік қызметшінің құқықтарын, бостандықтарын да қамтиды. Мемлекеттік қызметшілердің еңбегін, денсаулығын қорғауға, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық қорғалуға құқығы бар. Департамент қызметкерлері жиында мемлекеттік қызметшілерге қашықтықтан жұмысты, қашықтықтан аралас жұмысты, икемді жұмыс кестесін енгізу мүмкіндіктері, еңбек нормалары, талдау жүйелерін интеграциялау, сондай-ақ, үстеме жұмыс фактілерін болдырмау бойынша түсіндірді.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаменті

16 шілде,
сейсенбі,
2024 жыл
№82 (19365)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisu

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

КӨШ ЖҮРЕ ТҮЗЕЛЕДІ

Облыс әкімінің тұрғындармен кездесуінде газдандыру, ауызсу және кәріз жүйелерін реттеуге қатысты сұрақтардың жиі қойылатынын білеміз. Жыл сайын осы салалар бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып жатқаны анық. Ал әлі де кем-кетігі түгенделмеген тұстарымыз жетерлік. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы ұйымдастырған баспасөз турында соның бірқатарына куә болып қайттық.

Қажет АНДАС





Аталған басқарманың ақпаратына сүйенсек, бүгінгі таңда аймақтағы 33 елді мекенге газ жеткізіліп, 327 мың адам көгілдір отынның игілігін көрді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес келесі жылдың соңына дейін облыстағы 126 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ету міндеті тұр. Қазіргі таңда 33 елді мекенге газ барса, жыл соңына дейін 30 елді мекен газға қосылып, 433 шақырым газ тарату желісі салынады. Елді мекенді газдандырудың екінші кезеңінде Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының елді мекендеріне табиғи газ жеткізілмек. Бүгінгі таңда «Талдықорған – Үшарал» магистралдық газ құбыры құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленген. Ұзындығы 302 шақырымды құрайды. Бұл жүзеге асқанда 124 мың тұрғыны бар 66 елді мекен көгілдір отынға кенеледі.

Журналистер ең алдымен газдандыру жұмысы жүріп жатқан Ескелді ауданының Шымыр ауылына барды. Ауданда 33 елді мекен бар. Бірінші кезеңде 21 елді мекенді газдандыру қарастырылса, бүгінде 8 ауылға газ жеткізілген. Қалғанына газ құбырын тарту жұмысы жүргізілуде.

– 2014 жылы бұрынғы Алматы облысында газдандыру жұмысы басталып, Алматыдан Талдықорғанға тартылған газ құбыры Шымыр ауылының іргесінен өткенімен ауылды газға қосу жұмысы біраз жылға кешікті. Ауыл тұрғындарының өтініші биыл жүзеге асайын деп тұр. Шымыр ауылында жалпы 788 үй бар. Оны толық табиғи газбен қамтамасыз ету үшін 32 шақырым газ құбыры тартылуы керек. Қазір жоспардың 50 пайызы орындалды. Құрылыс жұмысын «Алматы Production Construction & Invest» ЖШС жүргізсе, жұмыстың сапасын «Тұран құрылыс» ЖШС қадағалап отыр, – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдос Бекетаев.

Бүгінде мердігер компанияның жұмысы қарбалас. Бір жақтан құбырларды сырлау, енді бір жақтан дәнекерлеу жұмысы жүріп жатса, тағы бір тобы газ жеткізетін шкафтарды орналастырумен қарбалас. Ең бастысы, ауыл тұрғындарының көңілшат. Көгілдір отын оларды қысты күнгі біраз әурешіліктен босататын болады.

Тұрғындардың осындай қуанышты көңіл күйін Қаратал ауданының Елтай ауылдық округіне қарасты Сарыбұлақ ауылына барғанда да білдік. Сарыбұлақ 58 үй тұратын шағын ауыл болғанымен жел өтінде орналасқандықтан ауылдастар ауызсудың тапшылығы және үй жылытудың әуресінен шаршап біткен еді. Биыл ауызсу мәселесі толық шешіліп, әрбір үйге құбыр суы жеткізіліпті. Ал алдағы уақытта табиғи газға қосылып, тұрғындарды толғандырған мәселе толығымен шешілмек.

Бүгінде облыста 3841 шақырым су құбыры желісі бар. Орталықтандырылған сумен 325, орталықтандырылмаған сумен 26, тасымал сумен 7 елді мекен қамтамасыз етілген. Биыл сумен жабдықтау желілерін салу және күрделі жөндеуден өткізу бойынша 25 жоба іске асырылуда. Оның 22-сінде жұмыс жүріп жатыр. Нәтижесінде, жыл соңына дейін 428,5 шақырым желі салынып, 2 ауыл орталықтандырылған суға қарық болады. Келесі жылдың соңында облыстың 331 елді мекені (92,5%) орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілмек.

Ауызсумен жабдықтау Талдықорған қаласында да өзекті мәселе. Себебі, жыл сайын жаңа шағын аудандар қосылуда. Соған орай ауызсуға деген қажеттілік артып келеді. Әсіресе, жаңадан бой көтерген «Жастар –1» шағын ауданы тұрғындары үшін ауызсу мен сарқынды суларды ағызатын кәріз жүйесі бас ауыртатын дүние еді. Шағын ауданда 158 үй бар. Осыған орай 9,8 шақырым су құбыры мен кәріз желісі тартылмақ. Қазірде жобаның 20 пайызы атқарылған. Су мен кәріз құбыры әр үйдің қақпасының алдына дейін жеткізіледі. Ал тұрғын үйлерге кіргізу жұмысын әр отбасы өз қаржысымен жасап алады. Құрылыс жұмысын жүргізіп жатқан «Құрылыс сапа» ЖШС өкілдерінің айтуынша, қыркүйектің соңына дейін жоба толығымен аяқталады.

Талдықорған қаласының Дарабоз ана, Абай, Қабанбай батыр, Балпық би көшелері бойынша 1,8 шақырым жылу желілерін қайта жаңғырту жұмысы жалғасуда. Былтыр Абай көшесі бойынша 600 метр желі тартылып, Қабанбай батыр көшесіне 4 жылу камерасы орнатылды. Биыл Қабанбай батыр және Дарабоз ана көшелерінде ұзындығы 700 метр жылумен жабдықтау желісін қайта жаңарту жұмысы басталды. Алдағы уақытта Балпық би көшесі бойынша қалған 500 метр жылу желісі басталады деп жоспарлануда. Осы жобаны іске асыру нәтижесінде қаланың орталық бөлігінде және «Қаратал» шағын ауданында қуаттылығы 42,5 Гкал/сағ болатын №2 орталық қазандық іске қосылады. Бұл өз кезегінде «Басқуат» қазандығына жүктемені айтарлықтай төмендетеді. Қабанбай батыр көшесі бойындағы жұмыс қыркүйектің соңына дейін бітуі тиіс. Сонымен қатар, Талдықорған қаласындағы Қабылиса жырау көшесі бойындағы 1,1 шақырым жылу желісін ауыстыру «Талдықорған жылусервис» ЖШС есебінен жүргізілуде.

– Қабанбай батыр көшесі бойында жасалып жатқан жұмыстан әлі күнге ешқандай кемшілік анықталған жоқ. Қолға алынған жобалар биылғы жылыту маусымы басталғанша бітеді. Күнделікті қадағалап, апта сайын мониторинг жүргізіп тұрамыз. Өткен жылы жылыту маусымы басталған тұста бірді-екілі келеңсіз жағдай орын алды. Ол жұмысшылардың тәжірибесіздігі және жауапсыздығынан болғаны анықталды. Биыл тұрғындарды алаңдататын жағдай орын алмайтынына сенім білдіремін, – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдос Халиоллаұлы.

Атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымын көріп, аймақтың коммуналдық саласының тыныс-тіршілігінің жақсаратынына көз жетті. Бірақ жүйелі жұмыс атқарылса ғана ойлаған істер өз нәтижесін бермек.

● ЖАРЫҚ КӨЗІ

Гидроэлектростансысы (ГЭС) – арналық су ағындары мен толқынды су қозғалыстарын энергия көзі ретінде пайдаланатын электр стансысы және гидротехникалық құрылыстың түрі.

Тиімді жоба

Су электр стансылары әдетте өзендерде салынады. 2009 жылы құрылған «Қаратал ГЭС каскады» ЖШС компаниясы «АСПМК-519» ЖШС-іне еншілес кәсіпорын. Оның негізгі қызметі электр қуатын өндіру, электр стансылары мен желілерін және қосалқы стансыларды пайдалану. Кәсіпорын жұмысы Ескелді ауданының Қора өзенінде орналасқан үш гидроэлектростансысын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

ГЭС құрылысының мақсаты облыстағы тапшы энергия жүйесіне электр қуатын жеткізу үшін электр энергиясының көзін құру. «Қазақстан Халық Банк» акционерлік қоғамына жүгінген «Қаратал ГЭС каскады» ЖШС ГЭС құрылысына несие алды. Жоба субсидиялау құралы бойынша «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде «Даму» қорының қолдауына ие болды.

Қора өзенінде ГЭС каскадын салу жобасы облыс үшін экономикалық жағынан тиімді. Бұл аймақтағы бірқатар ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың электр қуатына қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Стансылардың жалпы қуаты 12 МВт., жылына электр қуатын өндіру көлемі 60 млн. кВт. сағатты құрайды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Ескелді ауданы

● ТАҒЫЛЫМ

ҚР ҰҚК Шегара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл аудандағы шегара басқармасында кітапхана бөлімінің ұйымдастыруымен «Мен жастарға сенемін» атты поэзия кеші өтті.

Ақын рухына арналды

Кеш техникалық және кәсіби дайындық бөлімі сарбаздарының қатысуымен ұйымдастырылды. Мерзімді әскери қызметтің қатардағы жауынгерлері Елдар Бейбітұлы, Әлихан Алмабай, Ерлік Қазыбектер әннен шашу шашса, Нариман Ералиев, Дәлел Тоқтарбек, Сұлтанбек Мыңжасаров, Ерасыл Бекбосын, Дамир Батталдар Мағжан Жұмабаев өлеңін тебірене оқыды. Нақышына келтіре орындалған туындылар көрерменді сырлы сезімге бөледі. Мерей Мәулетбек «Ер Тұран» күйін орындап, тыңдарманның құлақ құрышын қандырса, Жанат Қабдолдаева көрерменге ойын ұйымдастырды. Сыршыл ақынның кез келген жырынан бір шумақ оқып, тақырыбын жасырды. Сарбаздар оны табуға тырысты. Көңілді бір серпілткен бұл шара сарбаздардың бойында отансүйгіштік қасиетінің одан әрі асқақтауына септесті.

М. МАҚСЫМ

● ТҰҒАН ТОПЫРАҚ



Талдықорған қаласында «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» ашылғалы зейнет жасындағы адамдарды әлеуметтендіру, оларды белсенді мәдени-шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге тарту, олардың физикалық және психологиялық саулығына ықпал ету арқылы өмір сүру ұзақтығын арттыруға бағытталған бірқатар бастаманы қолға алып, жұрттың ризашылығына бөлене бастады.

Қасиетті мекенге тәу етті

Аталған орталық облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен облысқа танымал, қадірменді ардагерлерге Қаратал ауданының киелі-тарихи жерлерін аралатты. Сапар барысында Ескелді би, Айту би, Балпық би, Жолбарыс би, Қарымбай би кесенелеріне тәу етіп, құран бағыштап, перзенттік ілтипатын көрсетті. Сондай-ақ, көнекөз қариялар барған қасиетті нысандар туралы бұрынғы буыннан естіген аңыз-әңгіме, естеліктерімен бөлісіп, тың ақпараттарды да ортаға салды. Бір күнге жоспарланған шара көңілді әрі қызықты өтті. Тағылымы да мол болды.

Әрине, мұндай орталық қалада бұрын да болған, бірақ оның жұмысын жүргізіп, дамыту үшін қоғамдық ұйымдар арасында конкурс ойнатылатын. Грантты ұтып алған ұйымдар тарапынан жұмыс жүргізілгенімен нәтижесі де шамалы болатын. Енді орталық коммуналдық мемлекеттік мекеме форматында ашылғандықтан жұмысы бір жүйеге түсіп, ауқымды шараларды ұйымдастыра бастады.

Қаратал ауданындағы қасиетті мекендерден үлкен шабыт алып қайтқан ардагерлер алдағы уақытта Ақсу ауданындағы Ақын Сара, Кербұлақ ауданындағы Шоқан Уәлиханов және Абай облысы, Абай ауданындағы ұлы Абайға арналған музейлерге сапарлап қайтуды жоспарлап отыр.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ
Қаратал ауданы

ТАҒАЙЫНДАУ

Жетісу облысы әкімінің өкімімен Диас Рахметұлы ЕСДӘУЛЕТОВ Жетісу облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

Диас Рахметұлы ЕСДӘУЛЕТОВ



1987 жылы Талдықорған қаласында туған. Жоғары білімді. Шанхай Джао Тонг университетін ақпараттық технологиялар және телекоммуникация жүйелері мамандығы бойынша бітірген. «Болашақ» бағдарламасының түлегі.

Еңбек жолын Астана қаласында «2011 жылғы VII қысқы Азия ойындарының ұйымдастыру комитетінің атқарушы дирекциясы» АҚ-ның техникалық сұрақтар бойынша бас сарапшысы болып бастады. Әр жылдары «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ электрондық қызметтерді ілгерілету департаментінің менеджері, «Қазконтент» АҚ-да ақпараттық-талдау орталығының ақпараттық жобалар мониторингі жөніндегі маманы, орталық басшысы, жобаларды басқару департаментінің директоры, «Қазақстан тарихы» интернет-жобасының басшысы, медиа жобалар бойынша басқарушы директор, ҚР Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» РММ ақпараттық жоспарлау қызметінің басшысы, медиа жоспарлау және өңірлердегі жұмыс басқармасының басшысы, ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитеті Қоғаммен байланыс орнату және мемлекеттік органдармен үйлестіру басқармасының басшысы, ҚР Премьер-Министрі баспасөз қызметінің бас сарапшысы, ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінің Ақпараттық-талдау орталығының жедел ақпарат секторының меңгерушісі, орталық меңгерушісінің орынбасары, ҚР Президентінің Әкімшілігі Талдау және болжау орталығы меңгерушісінің орынбасары, Алматы қаласы әкімдігінің қоғамдық даму басқармасының басшысы лауазымдарын атқарды.

2022 жылдың наурызынан ҚР Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» РММ директорының орынбасары болды.

● ӨРЛЕУ

Уыз май шығарады

«Уыз Май Индастри» ЖШС толық майлы соя және оның шроты мен майын өндіретін жетекші компания.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Елде өсірілетін майбұршақ әлемде ерекше сұранысқа ие. Өйткені оның басқа елдердің ГМО соя бұршақтарынан айырмашылығы органикалық өнім болып саналады. 2009 жылы құрылған аталмыш серіктестік басшылығының Қазақстан мен ТМД елдері нарығында 20 жылдан аса жұмыс тәжірибесі бар. Сондай-ақ, ол тамақ өнеркәсібінің барлық саласы бойынша өндіріс пен нарықты соя өнімдерімен қамтамасыз етуде негізгі бағыттарды дамытуға тырысады.

Бұған қоса, ең жақсы шикізатты таңдап, оны заманауи, жоғары технологиялық жабдықта қайта өңдейді және серіктестерге экологиялық таза әрі пайдалы өнімдер жеткізеді. 2022 жылы соя бұршақтарын дайындау және экстракциялау цехтарын қайта құру жұмыстары жүргізілді. Соя майын гидратациялаудың жаңа цехы салынып, бұл өңдеу қуатын тәулігіне 200 тоннадан 300 тоннаға дейін арттыруға, сатылатын өнім желісін кеңейтуге, негізгі шығындарды оңтайландыруға және электр қуатын тұтынуды төмендетуге мүмкіндік берді.

Жоба «Даму» қорының субсидиялау құралы бойынша «Басым жобаларды несиелеу және қаржылық лизинг тетігі» бағдарламасы шеңберінде қолдау тапты. Сөйтіп, соя бұршақтарын қайта өңдеу бойынша жабдықтар сатып алынды. Зауыт жылына 365 күн, тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн жұмыс істейді. Шикізат Алматы және Жетісу облыстарының шаруа қожалықтарынан сатып алынады. Бұл жерде 100-ден аса адам жұмыспен қамтылған.

Көксу ауданы

● БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

■ Сүт өңдеу зауыттары жеке қосалқы шаруашылықтардан сүт қабылдауды тоқтата ма? Бұрын хабарланғандай, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Кеден одағының «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті қолданысқа енгізіледі.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА



СҮТ ӨНІМІНЕ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Жаңа ережелерді талқылау барысында регламент талаптары жекеменшік ауыл шаруашылықтарының кең санатын табыс көзінен айыруы мүмкін деген қауіп айтылды. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан фермерлері қауымдастығының мәліметінше, республиканың агросекторында 2,32 млн. жеке қосалқы шаруашылық бар. Олар сүт өнімдерін қоса алғанда, азық-түлік өнімдерінің едәуір бөлігін өндіреді. Сондай-ақ, сүт саласында талқыланатын мәселелердің қатарында субсидиялау ережелері де бар. Сүт өндірушілердің бірқатары мемлекеттік қолдау шараларын қайта қарауды ұсынуда.

Осыған сәйкес субсидиялар өндірілген емес, тек сатылатын сүт өнімдеріне бөлінеді. Аталған мәселелерге сәйкес, «Jaña Dala / Green Day» ақпараттық орталығы түсініктеме алу үшін ҚР АШМ мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүгінді. Себебі, қауіп-қатер расталған жағдайда Кеден одағының техникалық регламентіндегі өзгерістер ауылдық жерлерде өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған халықтың көп болуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ҚР АШМ-не сілтеме жасай отырып берген жауабына сәйкес, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Кеден одағының «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті қолданысқа енгізіледі. «Келесі жылдан бастап сүт өңдеу кәсіпорындарына өткізілген шикі сүт осы Техникалық регламенттің №5 қосымшасына сәйкес шикі сүттегі, майсыз шикі сүт пен шикі кілегейдегі микроорганизмдер мен соматикалық жасушалардың рұқсат етілген деңгейіне тексеріледі. Яғни, сүт өңдеу кәсіпорындары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес болған жағдайда ғана сүт қабылдауды жалғастырмақ.

Өз кезегінде, ҚР АШМ сүт өңдеу кәсіпорындарын сапалы сүт шикізатымен қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шараның жүзеге асырылғанын атады. Мәселен, техникалық регламент талаптарын орындау мақсатында 2019 жылы Қазақстанның сүт саласының өнімдерін ЕЭО техникалық регламенттерінің қауіпсіздік талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі Жол картасы іске асырылып, 2024-2025 жылдарға жаңартылды. Бұл ретте Жол картасын әзірлеу үшін азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы, Сүт одағы, Денсаулық сақтау министрлігі, Техникалық реттеу және метрология комитетінің көмегі тартылды.

– Өткен жылы барлық шаруашылықта өндірілген 6,5 млн. тонна сүттің 31%-ы жоғарыда көрсетілген шарттар толық сақталатын ұйымдасқан шаруашылықтарда өндірілгенін атап өткен жөн. Бұл ретте былтыр сүт өңдеу кәсіпорындары 2,1 млн. тонна сүт өңдеді, бұл жалпы өндіріс көлемінің 32% -ын құрайды. Осылайша, ЖҚШ-дан қайта өңдеуге түсетін сүт көлемі шамалы,– дейді ҚР АШМ «Jaña Dala / Green Day» ақпараттық орталығының сұрауына.

Субсидияларға қатысты ҚР АШМ бұрын олар өндірілген өнім көлеміне төленгенін атап өтті. Бұл ретте қабылданған шикізаттың көлемін растау ретінде ішкі шаруашылық қойма құжаттары қоса берілген электрондық шот-фактуралармен жүргізілді. Сонымен бірге, ведомстволық жауабына сәйкес, аталған құжаттар деректер базасында тіркелмейді. Осыған байланысты өндіріс көлемінің нақтылығын тексеру мүмкін емес. Бұдан басқа, көрсетілген құжаттармен расталған сары майдың бір бөлігі кәсіпорынның ішкі мұқтаждығына жұмсалады, нәтижесінде субсидияланған сары майдың көлемі тұтыну нарығына шықпайды.

ҚР АШМ мәліметінше, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, субсидиялау жүйесін реформалау аясында Ережеге сары май, құрғақ сүт және қатты ірімшіктің сатылған көлеміне субсидия төлеу бойынша нормалар енгізілді. Бұл ретте, өнімді өткізу электрондық шот-фактуралармен расталады. Осылайша, субсидия алу үшін электрондық шот-фактуралармен өңдеуші кәсіпорын сатып алған шикізат көлемін де, сатылған дайын өнім көлемін де растау қажет.

Субсидиялауға ұсынылған құжаттарды қарау және субсидияларды төлеу салық органдарының тиісті ақпараттық жүйесін Gosagro.gov.kz. ақпараттық жүйесімен интеграциялау негізінде жүзеге асырылатынын атап өту қажет. Аталған шара автоматтандыру және цифрлық технологияларды толық пайдалану есебінен субсидияларды төлеу мен мақсатты пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

БЕЛСЕНДІЛЕР РӨЛІ АРТАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сындарлы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, үкіметтік емес ұйымдардың дамуы мен қалыптасуына жәрдемдесу, олардың қоғамның әлеуметтік-маңызды мәселелерін шешудегі рөлін күшейту үшін облыс әкімдігі жанынан үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңес құрылған. Сондай-ақ облыста 11 қоғамдық кеңес жұмыс істейді (оның ішінде 1 облыстық, 2 қалалық, 8 аудандық).

Үкіметтік емес ұйымдарды қаржылай қолдау үшін биыл мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа 1 млрд. 434 млн. 388 мың теңге бөлініп, облыс бойынша 96 жоба жүзеге асырылуда.

Жиын барысында халықаралық қатынастар докторы, профессор, Алматы қалалық азаматтық альянстың президенті Қайыржан Абдыхалықов «Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылының жаңа тәсілдері» тақырыбында баяндама жасады. Ол өз сөзінде азаматтық қоғамның халықтың ең белсенді бөлігі болып табылатынына тоқтала келіп, әлеуметтік жауапкершілік, бастамашылдық және эмпатиямен ерекшеленетінін сөз етті. Азаматтық қоғам өнер, бизнес, мәдениет, білім, адам және еңбек құқықтары, дін, денсаулық сақтау, саясат және қоршаған орта салаларын қамтиды. Азаматтық қоғам белсенділері өңірдегі өзекті мәселелерді талқыға салады. Қайыржан Саясатұлы азаматтық қоғамның елдің береке-бірлігін сақтаудағы ықпалына тоқталды.

«Азаматтық қоғам – мемлекеттік органдар мен халық арасындағы ақпараттық-коммуникациялық көпір. Ол өзара жанжалды жағдайларды бітістіретін, қоғамдағы әртүрлі деструктивтік ағымдарға шектеу қоя алатын күш. Азаматтық қоғам билік пен оппозиция арасындағы алтын көпір. Үкімет тарапынан тарататын ақпараттың мән-мағынасын халық арасында түсіндіре алатын уәкіл. Қоғамда әл-ауқаттылығы жағынан ортаңғы буынды қалыптастыруға жәрдемдесетін бастамашыл топ. Мемлекеттік органдардың жұмысына сыни көзбен қарай алатын ұйым», – деп азаматтық қоғамның ел бірлігін сақтаудағы ықпалына тоқталып өтті.

Жиын барысында басқа да қоғам белсенділері, лауазымды тұлғалар және азаматтық қоғам институттарымен өзара қарым-қатынасты жақсарту барысындағы ойларымен бөлісті. Нәтижесінде облыстың азаматтық қоғам институттарымен өзара қарым-қатынастар жөніндегі уәкілдер үшін қазақ және орыс тілдерінде азаматтық сектормен өзара іс-әрекет ұйымдастыру және жүзеге асыру мәселелері бойынша 6 оқыту курсының сериясы өткізілетін болды.

● БРИФИНГ

«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН...»

■ Ойын жарысы өзгеше, ой ойлайтын онкүндік. Жетісу өңірі Халықаралық жастар күнін кең ауқымда атап өтпек. Мерекелік күнге орай 30 000 жасты тікелей, ал 500 000 адамды жанама түрде қамтуды жоспарлапты. Бұл жөнінде Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде ұйымдастырылған баспасөз мәслихатында айтылды.

Медет ЖҰМАБАЙ

Аталмыш мереке биыл тамыз айының 3-і мен 12-сі аралығында өтпек. Онкүндік аясында облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі, жалпы саны 21 шара ұйымдастыру жоспарға енгізіліпті. Оның ішінде, жастардың зияткерлік қабілетін арттыру мақсатында республикалық пікірсайыс, интеллектуалды ойын, облыстық шахмат турнирі, республикалық «Жайдарман» ойыны, жастар арасындағы есірткінің алдын алуға бағытталған шаралар, облыс аумағында халықаралық «Жетісу жауһарлары» экспедициясы, республикалық «Шаған тау» тау жарысы сынды тағы да басқа игілікті істер бар. Ал аудан, қалалық деңгейде 100-ден астам іс-шара өткізілмек.

– Өңірімізде Жастар күні кең ауқымда мерекеленбек. Онда 14-35 жас аралығындағы жастар, оның ішінде, мектеп оқушылары, ЖОО мен колледж студенттері, жұмысшы, жұмыссыз, өзін-өзі қамтыған, NEET санатындағы және тағы басқа жандар қамтылады. Онкүндік аясында Абай күніне орай жастар үшін поэзиялық кеш, Жетісу облысы әкімінің жүлдесі үшін республикалық «Жайдарман» ойыны, халықаралық «Жетісу жауһарлары» волонтерлік экспедициясы ұйымдастырылады. Бұл атқарылатын жұмыстың бір парасы ғана, – дейді «Jetisy jastary» КММ-нің директоры Еркебұлан Ақболатов.

Онкүндіктің негізгі мақсаты – жастарды қоғамдық-саяси, мәдени және спорттық іс-шараларға тарту, шығармашыл жандарға қолдау көрсету, облыстың дамуына елеулі үлес қосып жүрген белсенді жастар мен еріктілерді ынталандыру, марапаттау, саламатты өмір салтын ұстануды насихаттау, зияткерлік қабілеттерін арттыру, әлеуетін ашу, отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу және өзекті мәселелерді анықтау, шешу жолдарын әзірлеу, екенін айта кеткен жөн.

● БРИФИНГ

ҚҰТЫРМАДАН САҚТАНЫҢЫЗ

■ Журналистер үйінде өткен баспасөз мәслихаты «Құтырма ауруы және қаңғыбас иттермен күрес» тақырыбында өрбіді. Оған облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Индира Күнбасова мен облыстық ветеринария басқармасының бөлім басшысы Асхат Базилов қатысты.

Спикерлердің сөзінше Ақсу, Қаратал, Кербұлақ аудандарында мал мен жабайы аңдар арасында құтырма ауруына шалдыққан деген күдікпен 11 жағдай тіркелген. Алты жағдай зертханалық жолмен расталды. Барлық ошақтарда ауру ит, жануарлармен қарым-қатынаста болғандар анықталып, егу жұмыстары өткізілді. Индира Советқалиқызының айтуынша, жыл сайын жануарлардан жарақат алудың 1500 -1700 жағдайы тіркеледі. Биыл 776 адам жануарлардың салдарынан жарақат алған. Былтырғы осы кезеңде 820 рет жануардан жарақат алу дерегі тіркелген.

Құтырма – орталық жүйке жүйесіне әсер ететін зоонозды вирустық ауру. Жұқпаның көзі – қаңғыбас иттер мен мысықтар, жабайы аңдар, ауылшаруашылық малы.

Құтырма ауруы жануарлар тістегенде, тырнағанда, сілекейі тигенде жұғады. Облысымызда қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмыстары ветеринарлық қызметке жүктелген.

Асхат Мәуленұлы қаңғыған жануарларды аулау, жансыздандыру, вакциналау, стерильдеу және бірдейлендіру шараларына тоқталды. «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңның нормативтік-құқықтық актілерін іске асыру мақсатында жасалып жатқан жұмыстарды атап өтті. Қаңғыған иттер мен мысықтарды аулау және жансыздандыру, қараусыз қалған жануарларды уақытша ұстау, егу және зарарсыздандыру шараларының барысына тоқталды. Облыста иесіз иттерді ұстау пункттерін салу мәселесі қаралып жатқанын айтты. Баспасөз мәслихаты барысында журналистер спикерлерге жұқпаның алдын алу, сақтық шараларын түсіндіру жиі жүргізілсе деген ұсыныс айтты.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

● ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

Жаз мезгілінде тұрғындар қала маңындағы өзен бойларына демалуға жиі барады. Оның бірқатары қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігімен тамақ қалдықтарын, даланы ластайтын заттарын өзімен бірге ала кетіп, белгіленген қоқыс тастайтын орындарға апарса, енді біреулер бейберекет шашып кетеді. Соның салдарынан өзен бойлары қаптаған қоқыс, қағаз қиқымдары мен ретсіз шашылған шөлмекке толып қалып, көрер көзге жайсыздық тудырады.

Өзен бойы реттелді

Қажет АНДАС



Осы бір келеңсіздікті ескерген облыстық жастар басқармасының белсенді азаматтары мен жастардан ұйымдасқан үкіметтік емес ұйым өкілдері өзен бойларын жиі тазалап, ортаның көркемдігін сақтау үшін еңбектеніп келеді. Өткен сенбі күні осындай бір игілікті шара қала маңындағы Балықты өзенінің бойында өтті.

– Аймақ жастары экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында қолға алынған сенбіліктерге белсенді қатысып келеді. Соның ішінде «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Таза бейсенбі», жаңа үлгідегі «Экопресс» шараларын ұйымдастырып, өнеге көрсетуде. Айта кетерлігі, аталған акциялар аясында жиналған тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап, оны өңдейтін мекемелерге өткізіп, түскен қаржыға «Айналайын» балалар үйіндегі тәрбиеленушілерге керекті заттар әпердік. Ал 9-14 шілде аралығында өткен «Еліміздегі игі істер марафоны» аясындағы экологиялық акцияда белсенділік таныттық, – дейді облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Еркебұлан Меңлібаев.

Бұл күнгі акцияға Жетісудың белсенді жастары, соның ішінде Қазақстан Студенттер альянсы, «Лидер.кз» еріктілер ұйымы, «Жасыл ел» еңбек жасақтарынан 50-ден аса жас тазалық жұмысын жүргізді. Олар өзен бойын қоқыстан тазалап, су ағарларының тосылып қалған көздерін ашып, құраған ағаштарды отап, бейберекет тасталған ағаш, шөлмек, қағаздарды жинап, оны сұрыптап өңдеу орындарына жіберді. Осыдан түскен қаржыны да аймақтағы балалар үйіне көмекке бермек.

● ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

ШАРУАҒА ЖАЙЛЫ ЖЫЛ

Көктемгі дала жұмыстары сәтті аяқталды. Жылдағыдай құрғақшылық қыспай жаңбырлы болғандықтан облыс диқандары судан тапшылық көрген жоқ. Былтыр осы уақытта егін суаруға су жетпей, су тапшылығы туындағанын білеміз.



Қажет АНДАС

Биыл «Судың жетіспеушілігінен шығынға баттық» деген шағым естімедік. Дегенмен жауыны мол, жайлы күнде жамырай өсетін жабайы шөптер мен зиянкес жәндіктерге қарсы күрес қана біраз әбігерге салғанын жасырмаймыз. Табиғаттың заңдылығын таразыласақ та түйіндеп келгенде егіншінің көңілі тоқ, егіс алқабының өнімі мол. Егін ору науқаны да уақытымен басталды. Бүгінде облысқа қарасты 8 аудан, 2 қала аумағындағы күздік және жаздық масақты дәнді дақылдарға орақ түсті. Жаңадан сатып алынған, жөндеуден өтіп дайындалған техниканың саны жеткілікті.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасынан алынған ақпаратта 18 шілдедегі жағдай бойынша аймақта күздік және жаздық масақты дәнді дақыл егілген 15 мың гектар жер орылды. Мұның 11238 гектары күздік, 3840 гектары жаздық дақыл егілген алқап. Қамбаланған 30387 тонна астықтың 23408 тоннасы күздік дақыл, қалғаны жаздық дақылдың еншісінде. Алдын ала болжам бойынша гектар берекелігі де жылдағы ұқсас мезгілмен салыстырғанда төмен емес. Ал егін орағы күзге дейін жалғасатынын ескерсек, «Жыл басына жоспарланған өнім мөлшерінен жоғары деңгейде астық жиналады» деп сенім білдірді ауылшаруашылығы басқармасының салаға жауапты мамандары.

Жаздың жауын-шашынды болуы егін орағына сәл кедергі келтіріп жатқаны болмаса, қазір ауыл, аймақтың әр тұсында қауырт қимыл, қарбалас тіршілік. Өйткені, өткен жылғы егін орағы науқаны аяқталғаннан бергі әр диқанның жоспары, дайындығы, көктемнен бергі тынымсыз еңбегінің нәтижесі осы науқан аяқталғанда анықталады. Өнім ойдағыдай алынып, қамба астыққа толып, жұрт көңілі шат боларына сенімдіміз.

● ЖИЫН

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Жаркент қаласындағы Мәдениет үйінде облыстық ақпараттық-түсіндіру тобы «Әлеуметтік желілерде жалған ақпарат тарату және интернет, БАҚ-та этносаралық араздық пен алауыздықтарды болдырмау жолы» деген тақырыпта өңір жастары және қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесу өткізді.

Басқосуда түсіндіру тобының мүшесі, облыстық «Jetisý» газеті бас редакторының орынбасары Мәди Алжанбай тақырыпқа байланысты кең көлемді әңгіме өрбітті.

Қазір интернет адамзатқа ауқымды қызмет түрлерін пайдалануға мүмкіндік берумен қатар ақпарат ағынын арынды етуге де жол ашты. Алайда сол мүмкіндікті теріс пиғылда пайдаланатын адамдар да аз емес. Жалған мәліметтер мен теріс пиғылын көпшілікке ұсынатын, даңғаза атақ алуды көздейтіндер де көп. Мұндай ақпараттардың салдары кейде жазықсыз адамдардың жандарына жара салып, тіпті ұлт араздық оқиғалардың туындауына себепші болып жатады. Ақпараттық топ мүшелерінің негізгі мақсаты осындай келеңсіздіктердің алдын алуға әрекет ету.

Жетісу облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция майоры Асқар Қыстаубаевтың әңгімесі негізінен интернет алаяқтарының арбауына түсіп, азаматтардың сыртынан банктен несие рәсімдеу, жалған хабарламаларымен адамдарды қорқытып, қаржы талап ету, жалған ұтыс ойындарын жарнамалау мәселелеріне негізделді.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясының облыстық филиалы баспасөз қызметінің басшысы Қымбат Сейдахмет еліміздегі ұлттар татулығына көлеңкесін түсіретін жат пиғылды ағымдардың әрекетіне тосқауыл болудың жолдарын талдап, түсіндірді.

Басқосуда интернет арқылы ақпарат тарату мәдениетін қалыптастыру жөнінде жүйелі ойлар айтылды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

● ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ – 120

МҰРАЖАЙДАҒЫ МЕРЕЙЛІ СӘТ

Шараның беташарын Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Панфилов аудандық филиалының төрайымы Роза Ыстай кіріспе сөзбен ашты.

– Әбілхан Қастеев атамыз – еліміздің әйгілі кескіндемешісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы талантты тума екені мәлім. Тамаша туындыларының қатарында ел тарихын ұлықтайтын Шоқан, Абай, Жамбыл, Амангелді сынды ұлы тұлғалардың бейнесін сомдаған картиналары өрнегі қайталанбас төлтумалары қалпында сақталды, – деп сөз өрген ол суретшінің мерейтойының аясында жерлестері де түрлі мәдени-танымдық іс-шара өткізіп, ұлы тұлғаның талантын жастарға танытуда жоспарлы жұмыстар жүргізіп келе жатқанын тілге тиек етті.



Жаркент мешіті көркем-сәулет мұражайының ауласында қазақ бейнелеу өнерінің атасы Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл толуына орай Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Әбілхан әлемі» атты мәдени іс-шара өткізілді.

Алқалы басқосуда Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Көркемсурет Академиясының академигі, суретші, мүсінші Ақан Оймауытов Әбілхан Қастеев мұрасының көркемдік ерекшеліктері жайлы баяндама жасады.

– Қазақ бейнелеу өнерін Әбілхан Қастеевсіз көз алдымызға елестету мүмкін емес, себебі өткен ғасырдың 20-30 жылдары-ақ бейнелеу өнеріне ең алғаш назар аударған, Қазақстандағы болашақ Суретшілер одағының негізін қалаушылардың бірі болған Қазақстанның халық суретшісі Әбілхан Қастеев – адам жанын, оның шаттығы мен мұңын, қуаныш, сүйінішін, ішкі ой арпалысын, толғанысын тереңнен түсіне білген және айналадағы табиғат құбылыстарымен адам көңіл күйін шендестіре отырып, өз шығармалары арқылы өрнекті ойын көпшілікке шебер жеткізе білген тума талант, – деп баяндамасын бастаған суретші Әбілхан Қастеев әлемін түсінікті, жатық тілмен терең талдап, тыңдарманын тума таланттың қайталанбас шеберлігінің сырларына бойлатты.

Шығыс сәулет өнерінің жауһары атанған Жаркент мешіті көркем-сәулет мұражайы тарихи кешенінің ауласына бұл күні оқушы, студент жастармен қатар өңірдің өнерсүйер қауымы жиналып, жергілікті халыққа танымал әнші, бишілер өнер көрсетіп шараның шырайын кіргізді. Үлкеншығаң ауылдық Мәдениет үйінің директоры, дәстүрлі әнші Еркебұлан Қонашевтің орындауындағы «Сағынсам, қалқам, өзіңді», ҚР Мәдениет саласының үздігі Көркем Шойынбаева шырқаған «Далада», жас әнші Мейірман Мүтән орындаған «Мен қазақтың ұлымын» әндері мен «Сахинұр» би ансамблі орындаған «Қара жорға» биі көрермендерді сүйсіндірді.

Жаркенттіктердің ең үлкен мақтанышы, Халық суретшісі Әбілхан Қастеев туралы ізгі тілек пен көркем ой әр жанның көкірегінде сайрап тұрары анық. Ол осы шара барысында ортаға шығып ой білдірген Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын – этнограф Әдепхан Төреханұлы, атақты жүгеріші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Күлғайша Бердіғұлова, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Тоқтарбай Керімқұлов лебіздерінен айқын аңғарылды.

Шараға келгендер мұражайдың «Жұма мешіті» залына қойылған мүсінші Ақан Оймауытовтың тастан, ағаштан жасалған мүсіндер көрмесін тамашалап, Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығына арналған шырайлы шарадан рухани күш алып қайтты.

М. МАНАПҰЛЫ
Панфилов ауданы

● РУХАНИЯТ



АНА – ӨМІРДІҢ ШУАҒЫ

Халқымыз ер-азаматты шаңырақ иесі десе, әйелді отбасының алтын қазығы деп құрмет тұтады. Ер адамның шаңырақтың иесі, жанұяның тірегі екендігі еш дәлелдеуді қажет етпейді. Ал жарық дүниедегі барлық жақсылық атаулы ана жүрегінің жылуынан, мейірімінен бастау алады. Әйел-Ана – тіршілік тұтқасы, отбасының берекесі, алтын діңгегі, тілеуқор қолдаушысы. Сондықтан әйелдің бақыты – отбасының әрі Отанның мерейі.

«Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы аясында Панфилов аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес Б. Момышұлы атындағы орта мектеп-гимназия директоры М. Сопиевтың ұйымдастыруымен аудандық «Ана – өмірдің шуағы» форумы өтті.

Ананың қоғамдағы рөлін арттыруға, әр азаматты ата-анасына құрмет көрсетіп, алғыс айта білуге тәрбиелеу, жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, отбасы институтын сақтауға және нығайтуға бағытталған форумға «Қазақ Аналары дәстүрге жол» Панфилов аудандық филиалының төрайымы Ләззат Бабаханова, Еңбек Ері Күләш Айтжанова, еңбек ардагері Күлғайша Бердіғұлова, ауданның ардақты аналары мен ардагер ұстаздар қатысты.

Мектепте аяулы аналарды дәріптейтін кітап көрмесі және нәзік жандылардың қолынан шыққан қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, күмбірлеген күй шертілді. Үрпақ тәрбиелеу арқылы ұлт тәрбиесін қалыптастырып жүрген әйел аналардың қоғамдағы орны биік екені айтылды. Жиын білім ошағы өнерпаздарының ән шашуымен өріліп, мың бұрала билеген биші қыздарымыз «Тұран» биін билесе, «Жасұландар» тобы, бастауыш сынып бүлдіршіндері, мектептің оқушыларынан құралған «Ана» хоры өнер көрсетті.

Форум соңында аналарға арналған гүл шоқтары мен ашық хаттары табысталып, мерекелік дастарқан жайылды.

Сәуле ҚҰМАРБЕКОВА,
мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Жаркент қаласы

● ЖОБА



«ТОМИРИСТЕ» БАҚ СЫНАҢЫЗ

Жетісу облыстық қоғамдық даму басқармасы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде әйел көшбасшыларды оқыту бойынша «Томирис» жобасын өткізуді және ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыруды жоспарлап отыр.

Медет ЖҰМАБАЙ

«Жетісу жастары ұйымының Конгресі» жастар қоғамдық бірлестігінің үйлестірушісі Ержан Дәулетбаев пен қоғамдық даму басқармасының жастар және отбасы саясаты бөлімінің бас маманы Жанерке Бексейітова жоспарланған істің мән-мазмұнына кеңінен тоқталды.

Әйелдердің өңірдің саяси, әлеуметтік-экономикалық өміріне белсенді қатысу мүмкіндігін кеңейту, көшбасшылық әлеуетін арттыру және отансүйгіштік сезімдерін ояту, тарихи мұраны сақтау және ұлттық дәстүр, мәдениет, ана тілі мен әдет-ғұрыптар тұрғысында әңгіме өрбіткен Жанерке Бексейітова кәсіпкерлікті қолдау жобасына да тоқталып өтті. Оның айтуынша «Томирис» жобасына тек 50 әйел қатыса алады. Тренинг форматында үш күндік оқу бағдарламалары өткізіледі. Қорытындысы бойынша қатысушылар халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге байланысты өз бастамаларын іске асыруға негізделген бағдарламаларды жасауы тиіс. Қатысуға өтініштер 22 шілдеден 16 тамызға дейін электронды нұсқада қабылданады.

– Жоба аясында әкелер, аналар, енелер институты, балалар кеңестері қамтылады. «Дана ене – Үздік келін», «Асқар тау әке – Зерек бала» бағыттары бойынша семинар-тренингтер, шеберлік сыныптары, аудандық және қалалық, облыстық конкурстар өткізіліп, ақшалай сыйлықтар табыс етіледі. Ел ішінде сақталған әдеп-ғұрыптар мен мәдени мұраларды әлемдік деңгейге көтеруге үлес қоса отырып, келешекке дәстүрлі түрде жеткізу қолға алынады, – дейді «Жетісу жастары ұйымының Конгресі» ЖҚБ үйлестірушісі Ержан Дәулетбаев.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

27 шілде,
сенбі,
2024 жыл
№87 (19370)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЛЫС ТЫНЫСЫ

● ОБЛЫСТА биыл **956** мың тонна дәнді дақыл жинау жоспарлануда. 8 шілдеден басталған егін ору жұмыстары барысында бүгінгі күні 25,4 мың гектар дәнді дақыл орылып, 63,7 мың тонна астық бастырылды.



● «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында **7** мектептің құрылысы жүргізілуде. Оның екеуі биыл, қалған бесеуі 2025 жылы ел игілігіне беріледі.



● XII Халықаралық Олимпиададан қазақстандық оқушылар жеңіп алған **361** медальдің 41-і алтын, 134-і күміс және 186-сы қола. Оқушылар Сингапур, Қытай және АҚШ-тағы роботты техника бойынша халықаралық чемпионатта ерекше жетістікке жетті.



● Талдықорған қаласында салынатын онкологиялық диспансердің жобасы дайын. Құны **10** млрд. теңге шамасындағы үлкен әлеуметтік жобаны «Kazakhmys Holding» компаниясы іске асырады.



● Мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалтуға **4,7** млрд. теңге бөлінді. Соның ішінде республикалық бюджеттен 525,1 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 3,2 млрд. теңге, ЖСТ 1,0 млрд. теңге.

● ЖАЙДАРМАН

Облыста соңғы екі жылда жергілікті бюджет қаражатына 47 блокты-модульді ветеринарлық пункт салынды. Материалдық базаны нығайту жағынан бұл республика көлеміндегі үздік көрсеткіш.



47 ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ПУНКТ САЛЫНДЫ

2023 жылы блокты-модульді конструкциядан 24 ветпункт тұрғызылса, биыл 23 ветпункт салынып, пайдалануға беріледі. Мұндай құрылыс шамамен 3-4 айда тұрғызылады. Жобалық-сметалық құжатты қажет етпейді. Құрылыстың құны едәуір арзан. Оған қоса ветеринария мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында 26 автокөлік, 517 арнайы ветеринариялық құралдар, 113 компьютер жиынтығы және 117 дана ИСЖ базасына арналған планшет сатып алынып, арнайы мамандарға берілген. Атап өтерлігі, Мемлекет басшысының Жолдауында берілген тапсырмасын іске асыру аясында мамандардың жалақысын кезең-кезеңмен 60% көтеру үшін қосымша 1,2 миллиард теңге қаражат жұмсалды. Бүгінгі күнге мамандардың орташа жалақысы 120 мың теңгеден 250-300 мың теңгеге дейін көтерілді. Соңғы екі жылда ветеринариялық шараларды ұйымдастыру үшін облыстық бюджеттен 8,1 миллиард теңге бөлінген.

Осындай тұрақты қолдаулар жұмыс сапасына өзінің оң әсерін тигізуде. Мәселен, облыстық ветеринария басқармасының басшысы Нұрлан Жамаубаевтың айтуынша, өткен 6 айда 426,5 мың бас мүйізді ірі қара, 1 миллион 286 мың бас ұсақ мал бруцеллезге қарсы тексеруден өткізілген.

– Мал шаруашылығы – облыс экономикасының негізгі басым бағыттарының бірі. Оған қоса ет пен сүттің сапасы – халықтың денсаулығына тікелей әсер ететін фактор. Сондықтан мал мен құстың жағдайын тұрақты бақылап отырамыз. Бұл ретте аса қауіпті аурулардың алдын алу бағытындағы вакцинаулаудың 6 айлық жоспары лайықты деңгейде орындалды, – дейді Н. Жамаубаев.

Жалпы, облыс бойынша аудан, қалаларда 10 ветеринариялық стансы мен 118 ветпункт бар. Онда 1 мың 100 маман еңбек етеді. Ветеринарлар ауылшаруашылығы жануарлары мен құстардың аса қауіпті ауруларының 16 түрі бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар атқарады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

● ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ

Жетісулық қызылша өсірушілерге жан-жақты көмек көрсетіліп, заманауи техника, жоғары өнімді гибридті тұқым сатып алуға мүмкіндік жасалуда. Жыл сайын демеуқаржы, гербицидтер, жанар-жағармай жеткілікті беріледі. Бұл қант қызылшасын көп өсіретін және өңдейтін жерлестерімізге үлкен көмек болды. Осылайша мемлекет пен шаруалардың ортақ ісінің арқасында қант қызылшасы аймақтағы ең маңызды дақылдардың біріне айналды.

ТӘТТІ ТҮБІР ӨСІРУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

Қажет АНДАС

Ақсу аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің хабарлауынша, биыл өңірдегі 100-ден астам шаруа қожалығы 2200 гектар жерге қант қызылшасын сепкен. Оның ішінде 485 гектары тамшылатып суару технологиясын қолдануда. Соның бірі – Тарас ауылындағы «Қыдырәлі» шаруа қожалығы. Олар биыл 45 гектар жерге қант қызылшасын сепкен.

Сонау 1997 жылдан бері егін шаруашылығы саласымен айналысып келе жатқан шаруашылықты Төлеген Мақашев құрып, жұмыс істеп келеді. Жаңадан іргесі қаланған тұста игеретін жері аз, техникасы ескі, жұмыс күші де жеткіліксіз еді. Қазір Талдықорған – Үшарал жолынан Тарас ауылына бұрылыста орналасқан шаруашылықтың қатар-қатар тізілген жаңа техникасы мен тақтайдай тегіс қырманы, астық қамбалайтын қойма көз қуантады. Ақсу ауданындағы жалғыз элеватор күре жолмен өткен жүргіншінің назарын еріксіз аударады. Оның бәрі тынымсыз еңбек, адал тердің арқасында мүмкін болған дүние.

Аталған шаруашылық бұған дейін 500 гектардан аса суармалы және тәлімді жерге күздік және жаздық масақты, дәнді дақылдар егумен айналысып келген.

– Қант қызылшасымен бірінші жыл айналысқандықтан тәжірибеміз жеткіліксіз болды. Көктемгі тұқым себу кезінде Түркиядан әкелінген тұқым сепкіш құралдарды пайдаланып, біраз қателік жібердік. Кейін Германияның тұқым сепкіш құралдарымен жұмыс жүргізіп, жіберген қателікті түзеттік. Қазір екі құрылғымен себілген егіс алқабының шығасы әртүрлі. Осы кезде ғана қызылшадан мол өнім алу үшін техниканы жаңарту керек деген түйінге келдік. Сонымен «Қыдырәлі» ЖШС-ін құрып, төмендетілген несиемен Германияның «GIMMER» маркалы тракторын 120 млн. теңгеге, тұқым сепкіш және қант қызылшасының жапырағын жұлатын техника мен қазатын комбайнды 260 млн. теңгеге алдық, – дейді «Қыдырәлі» шаруа қожалығының басқарушысы Тасқын Мақашев.

(Соңы 2-бетте)



● ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА



Жетісу облысының халқын көмірмен қамтамасыз ету мақсатында бүгінде өңірге тәулігіне орташа есеппен 10 вагон 690 тонна қатты отын жеткізіліп, түсірілуде.

ҚАТТЫ ОТЫН ЖЕТКІЗІЛДІ

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының деректеріне сәйкес бүгінгі таңда облыс көлемінде 35 көмір тұйығы мен қойма жұмыс істейді. Қазіргі уақытта 26 мың тонна көмір бар. 17, 2 мың тонна «Шұбаркөл», 8, 8 мың тонна «Қаражыра» көмірі түсірілді.

Облыста көмірдің орташа бағасы 18 – 20 мың теңгені құрайды. Теміржол қатынасы жоқ аудандарда жеткізу қашықтығына қарай баға 25 – 28 мың теңге шамасында. Жалпы, 2024 – 2025 жылғы жылыту маусымындағы халықтың көмірді тұтыну қажеттілігі 428,5 мың тоннаны құрайды.

Жауапты мамандар, аудан, қала әкімдік-тері өңір халқын ауа райының қолайлы кезінде қысқа қажетті көмір қорын түсіріп алуға шақырады.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

3 тамыз,
сенбі,
2024 жыл
№89 (19372)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады • ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ •

ІС пен НӘТИЖЕ:



● Облыста 2025 жылдың соңында газдандыру деңгейі 72%-ға жетеді. 126 елді мекен газдандырылып, жалпы 506 мың адам көгілдір отынның игілігін көреді.



● Лепсі ауылынан Балқаш көлінің жағалауына дейінгі 27 шақырым автокөлік жолының қайта жаңғырту жұмысы аяқталып, қолданысқа берілді.



● Су тасқынын болдырмау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Қаратал өзенінің арнасын түзету жұмыстары жүріп жатыр. Бұл іс-шараларға қажетті техника 3 экскаватор, бульдозер, тиегіш, екі жүк машинасы тартылды. Жұмыстар 15 қазанға дейін жалғасады.



● Талдықорған қаласындағы облыстық кардиологиялық орталықта жыл басынан бері 3 мыңға жуық пациент білікті ем қабылдап, ота жасатқан.

● «Мектепке жол» республикалық акциясы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан 24500-ге жуық баланың мектепке дайындығына жергілікті бюджеттен 1 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді.

● ЖАЙДАРМАН

ТӨРТ АУЫЛ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Қаратал ауданына қарасты Жаңаталап, Бастөбе, Қанабек, Достық ауылдарының тұрғындары табиғи газға қол жеткізді. Жергілікті халық осындай тарихи сәттің куәсі болды. Төрт ауылға жалпы ұзындығы 96 шақырым құбыр тартылып, 6400 тұрғын газға қосылуға мүмкіндік алды.

Айдар ҚАЛИЕВ



Шара барысында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Айдос Бекетаев алдымен ат басын Жаңаталап ауылына бұрып, газға қосылған ауыл тұрғындарына жылы лебіз білдірді.

– Биыл жоспар бойынша 30 жоба жүргізілуде. Жыл соңына дейін аяқтаймыз. Сонымен қатар, Талдықорған-Үшарал бағыты бойынша газ магистралы тартылады. Оны 2028 жылға дейін аяқтауымыз керек. Жұмыстар күзде басталады. Ол жерде Алакөл, Сарқан, Ақсу аудандарына қарасты 66 елді мекен газдандырылады. 2026 жылға дейін Қаратал ауданының тұрғындары толықтай көгілдір отынды пайдаланады, – деп газ тарту бойынша облыстағы атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, салтанатты шараға жиналған көпшілікке ақжарма тілегін жеткізді.

Шара барысында ақжаулықты әжелер ауылға келген газды жағып, шашу шашса, ақсақалдар батасын беріп, жылы тілегін ақтарды. Газды үйіне алғашқылардың бірі болып Зина апамыз қосыпты.

– Осы жылға дейін біз көмір жағып, ағаш кесетінбіз. Ертеңгісін от жақсақ, түске таман үй суып қалады. Мен сол кезде тоқ пеш қосамын. Өйткені тізем ауырады. Көгілдір отын қосып көзіміз ашылды. Бір температураны ұстап тұрады, – деген ол облыс, аудан басшылығына алғыс жаудырды.

Бастөбе ауылындағы Майра Ершева да алғашқылардың бірі болып көгілдір газға қосылыпты.

– Көгілдір отынға ең бірінші болып біз қосылдық. Қыстың көзі қырауда отын тасып, пеш жағу қиын. Сондықтан халық игілігі үшін газ қосқан жандарға ризашылығымызды білдіреміз, – деді ол.

Достық ауылының тұрғындары да тарихи сәттің куәсі болғанына қуанып, пікірлерін білдірді.

Айта кетейік, осы уақытқа дейін облыста 33 елді мекен газдандырылып, 327 мың тұрғын көгілдір отынға қол жеткізген болатын. Ал биылғы жылдың соңына дейін Көксу, Қаратал, Ескелді аудандары мен Талдықорған қаласында тағы 30 елді мекен газға қосылады, 433 км. газ тарату желілері салынады деп жоспарланған.

Қаратал ауданы

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ



Алакөлдегі ауқымды жобалар

Шомылу маусымында Алакөлге келетін туристердің көңілді демалып, ризалықпен аттануына мүмкіндік жасаудың өзі оңай емес. Оған қарамастан тұрғындар қарбалас тірлікпен қатар аудан экономикасын, әлеуметтік даму көрсеткішін көтеретін бастамаларды да назардан тыс қалдырмайды. Аудан әкімдігі ұйымдастырған баспасөз туры аясында осыған көз жеткіздік.

Қажет АНДАС

БАҚ өкілдері ең алдымен, Лепсі ауылындағы бал өндіретін «Лепсі өнімдері» ЖШС-не барды. Экологиялық таза өнім саналатын, жылына 300 тоннаға дейін бал өнімін шығаратын «Лепсі өнімдері» республика бойынша бірнеше мәрте «Алтын сапа» тауар белгісін алған. Жылдар бойы қол жеткізген жетістіктерінің саны аз емес. Мемлекет басшысының шетелден келген қонақтарға беретін сый қорапшасына Лепсі балын салып сыйлыққа тартқанын ұжым қызметкерлері мақтанышпен айтады.

«Лепсі өнімдері» зауытының маманы Фарида Абузярованың айтуынша, бал зауытының басты жаңалығы – жаңа өнім кремді бал түрін өндіру. Ерекшелігі – таза балды екі тәулік бойы миксермен араластырып, ауамен қанықтырады. Крем балдың дәмі ерекше балғын. Қазіргі уақытта бал зауытының өнімдері Жапония, Біріккен Араб Әмірлігі, ҚХР, Ресей мемлекеттеріне экспортталады.

«Бізде «Лепсі Бьюти» бағытында косметикалық сабын жасалады. Оның да сапасы жоғары. Бет күтіміне өте пайдалы таза өнім құрамына бал, саумал, ауылымызда өсетін шөп қосылған. Одан бөлек, өндірісімізде фитошайлар да шығарылады», – дейді Фарида Абузярова.

Бал өнімдері жайлы толыққанды ақпарат алған тілшілер іргелес Екпінді ауылында салынып жатқан ауызсу жүйесі мен Қабанбай ауылындағы жалға берілетін 10 үйдің құрылыс барысымен танысты.

– Аудан тұрғындарын таза ауызсумен қамту көрсеткіші 85 пайызды құрайды. Биыл Сапақ ауылдық округіне қарасты Бибақан ауылына ауызсу жүйесі тартылып, ел игілігіне берілсе, Екпінді ауылының тұрғындары таза ауыз суға қол жеткізбек. Алдағы уақытта Тоқжайлау, Лепсі ауылдық округтерін ауызсумен қамту жұмысы жүзеге асырылады. «Осы жұмыстар толығымен біткенде аудан тұрғындарын ауызсумен қамту көрсеткіші 90 пайызға жетеді», – дейді аудандық тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар бөлімі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясының басшысы Алмас Жұмағұлов.

(Соңы 2-бетте)

● ҚҰРЫЛЫС

170 тұрғын баспаналы болады

Түгін тартсаң майы шығатын құнарлы, аграрлы саялы Сарқан өлкесі бүгінде өркендеп келе жатқан аймақтың бірі. Осыған орай, аудан орталығына барып, тыныс-тіршілігімен танысып, барлық жаңалығынан құлағдар болдық. Еңсе көтеріп, елге сүйіншілейтін жаңалық аз емес.

Тілшілерді аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев қарсы алып, өңірде атқарылып жатқан шараларды айтып, алдағы жоспарымен бөлісті. Аудан әкімі алдымен қарқынды жүріп жатқан құрылыс жұмыстарына тоқталды.

Аудан орталығында салынып жатқан 120 пәтерлі 5 қабатты екі тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарын көрдік. «Болашақ» шағынауданындағы үйлерді «Компания строй индустрия» ЖШС салуда. 5 қабатты екі тұрғын үйде 60 үш бөлмелі, 30 екі бөлмелі, 30 бір бөлмелі пәтер бар. Бұлардың барлығы тұрғын үй кезегінде тұрған адамдарға беріледі. Құрылыстың 85 пайызы аяқталыпты. Бүгінде екі үйде 30-ға жуық құрылысшы жұмыс істеуде. «Үйдің ішкі жұмыстары ғана қалды. Тұрғын үйді сапалы әрі жоспарға сай өткіземіз», – дейді мамандар.

Сонымен қатар келесі жылы дәл осы үйдің қасынан тағы да 120 пәтерлі көпқабатты екі үй салынбақ. Ол кредиттік негізде берілмек. Бұдан бөлек тұрғындардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Бөгенбай батыр, Буашев, Тәуелсіздік және Қонаев көшелерінің бойына жаяу жүргіншілер жолдары салынып, абаттандырылуда.

Осыдан кейін Мәңгілік ел көшесінде тұрғын үй кезегіндегі азаматтар үшін салынып жатқан 50 жаңа үйдің құрылысын көрдік. Бұл үйді инвесторлар өздері салып жатыр екен. Жергілікті әкімдік пен құрылысқа жауапты «TEMIR STROY ALATAU» ЖШС арасында «Тұрғын үй салу, сатып алу» меморандумы жасалыпты.

– 3 бөлмелі 50 пәтерді инвесторлар өз қаржысына салып жатыр. Содан кейін біз үйлердің сапасын тексеріп, сатып аламыз. Бір үйдің құны 17 млн. 652 мың теңге болады. Бір үй 60 ш.м. Аумағы 10 сотық. Сондай-ақ, инвесторлар үйдің сыртын қоршап, көмір қора салып береді. Тамыз айында алғашқы 15 үйді сатып аламыз деп жоспарлап отырмыз, – дейді аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Мұратбек Рымбаев.

Жыл соңына дейін құрылыс жұмыстары толық аяқталады.

А. НАЗАРҰЛЫ
Сарқан ауданы



● МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Тамыз айының екінші жексенбісі – құрылысшылардың кәсіби мерекесі. Осыған орай Дәнеш Рақышев атындағы облыстық филармонияда қиын да қажырлы еңбек иелері төл мерекелерін атап өтті. Күннің аптабы мен суығына қарамай өңірді сәулеттендіре түскен құрылысшыларды облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек ЖАҚАНБАЕВ құттықтады.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Айдар ҚАЛИЕВ

Жиында Әлібек Әскербекұлы:

– Қаланы көркейтуде ерекше рөл атқарып, аянбай қызмет істеп жүрген әр құрылысшының еңбегі зор. Олар зәулім ғимараттар мен тұрғын үйлер тұрғызып, жолдар салып, өңірдің экономикалық-әлеуметтік жағдайын жақсартуға атсалысып жүрген жандар. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халықтың әл-ауқаты құрылыс секторының дамуына тікелей байланысты. Сондықтан біз құрылыс саласына ерекше назар аударып отырмыз, – деп облыстағы атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, ізгі тілегін білдірді.

Облыс әкімінің бірінші орынбасарының айтуынша, 6 айдың қорытындысы бойынша облыста құрылыс нысандарының жұмысы 1,4 есеге ұлғайыпты. Құрылыс алаңдарында жобалаушы, сәулетші, сылақшы, инженер сынды кәсіби мамандардың еңбегі бір арнаға тоғысып 453 нысан құрылысы жүргізіліп, 213 нысан ел игілігіне ұсынылады. Мемлекет басшының тапсырмасына сәйкес, облыста Ұлттық жоба аясында 7 жайлы мектептің құрылыс жұмысы жоспарланып, жыл соңына дейін 2 білім ошағы есігін айқара ашады. Шалғайдағы елді мекендерді сапалы медицинамен қамтамасыз ету мақсатында 8 ауданда 59 денсаулық сақтау нысандарының құрылысы басталып, жыл соңына дейін аяқталады. Бұның барлығы құрылысшылардың ерен еңбегі.

Шара барысында Жетісу, Алматы облыстары және Алматы қаласы бойынша ҚР Ұлттық құрылыс индустриясы қауымдастығының өкілі Салауат Дембай құрылысшыларды төл мерекелерімен құттықтап, жылы лебізін жеткізді.

Осыдан кейін құрылыс саласының майталмандары облыс әкімінің, ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің, облыстық құрылыс басқармасының Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар, Шамиль Ибрагимов ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Құрметті құрылысшы» төсбелгісін, Даркен Нұржанов пен Светлана Ярмухамедова ҚР Ұлттық құрылыс индустриясы қауымдастығы президентінің төсбелгісін кеуделеріне қадады.

Жиын соңы мерекелік концертке ұласты.

● КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Облыстық мәслихаттың ауылшаруашылығы, жер қатынастары, ветеринария және экология мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының отырысы өтті. Онда Қазақстан Республикасында қант саласын дамыту жөніндегі 2022–2026 жылдарға арналған кешенді жоспардың орындалуы, әлеуметтік маңызды тауарлар мен қызметтердің бағасын тұрақтандыру мен төмендету бойынша жергілікті атқару органдарының жұмысы, Жер кодексінің талаптарын жүзеге асыруда жер қатынастары мекемелерінің атқарған жұмысы, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығындардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау жұмысы сынды мәселелер қаралды.

Әр салада табыс мол

Қажет АНДАС

Отырыста облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Бахтияр Шампиков, облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасындағы сауданы дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Әзірбаев, облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Ермек Апеков баяндама жасап, атқарылған жұмыс реті мен алдағы жоспарларын таныстырды. Облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Елдос Мырзабек орман шаруашылығындағы өрт сөндіру мәселесі бойынша ұсыныс білдірді. Ал Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Ғазиз Есжанов, Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Айдын Исабеков, Кербұлақ ауданы әкімінің орынбасары Жанат Жүнісбек туындаған сұрақтар бойынша жауап берді.

Олардың айтуынша, 2022 жылы қант қызылшасының егіс көлемі 6 мың гектарға жоспарланып, нақты 4,2 мың гектар себілсе, былтыр қызылшаның егіс көлемі 8,1 мың гектарға жоспарланып, 8,7 мың гектарға жетті. Биыл Ақсу және Көксу қант зауыттары 93 мың тонна шекер алуды жоспарлауда. Оған екі зауыттың әлеуеті жетеді. Айталық, Ақсу қант зауытының тәуліктік өңдеу қуаттылығы 2800-3000 тонна, жылдық қуаттылығы 450 мың тонна болса, Көксу қант зауыты жылына 250 мың тонна қант қызылшасын өңдейді.

Облыста қант қызылшасы бағытында 17 сервистік-дайындау орталығы құны 3,8 млрд.теңге болатын 380 бірлік техниканы пайдаланады. Биыл қант қызылшасы бағытында 5 ауданда жаңа 8 сервистік-дайындау орталығын құруға жергілікті бюджет есебінен 30 шаруа қожалығына жалпы 2,5 млрд. теңгеге 62 бірлік себу және өнімді жинау техникасы алынады. Қант қызылшасын өңдеу, осы бағытынан жаңылмаса, 2028 жылға барғанда егістік алқабы 16 мың гектарға дейін жетпек.

Ал азық-түлік тауарларынан қырыққабат, картоп, пияз, сәбіз, күнбағыс майы, жұмыртқа және қант өнімдерінің негізгі түрлері бойынша облыс өз өндірісі есебінен толық қамтамасыз етілген. Биыл қырыққабат 0,9 мың, пияз 1,02 мың, картоп 6,5 мың, сәбіз 0,9 мың, күріш 1,2 мың гектарға егілген. Өнім көлемі де айтарлықтай жақсы болады деп күтілуде. Жалпы облыста ауылшаруашылығы өнімдерін өңдейтін 122 кәсіпорын бар. Былтыр облыстың агроөнеркәсіптік кешендерін субсидиялауға 3161 млрд. теңге бөлініп, инвестициялық субсидиялаудың барлық бағыттары бойынша берілген 588 өтінім бойынша төлем жүргізілді. Бүгінгі күнге бағдарлама аясында 613 өтінім қарастырылуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында пайдаланылмаған ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді мемлекет меншігіне қайтару туралы тапсырма берілген. Осыған орай облыс бойынша 2022 жылы 100 мың, былтыр 220 мың, биыл 90 мың гектар жерді қайтарудың жоспары бекітілді. Осы мақсатта жұмыс тобы құрылып, нәтижесінде 2022 жылы 128,5 мың, былтыр 246,5 мың, биыл есепті кезеңде 113,5 мың гектар, жалпы 3 жыл ішінде 488,5 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Оның ішінде 17,6 мың гектары егістік, 0,8 мың гектары шабындық, 470 мың гектары жайылымдық мақсаттағы жерлер. Қайтарылған жерлердің ішінде нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған 10 ірі жер пайдаланушыдан 144 мың гектар жер қайтарылды. Демек, Мемлекет басшысының тапсырмасы облыста толығымен орындалды. Бұл жетістік алдағы уақытта да еселене түспек.

Жиын соңында тұрақты комиссия төрағасы Айбек Искаков депутаттар шілде айының 15-31 күндері облыстың орман шаруашылықтарын аралап, отырғызылған ағаштарға жүргізілген мониторинг нәтижесін таныстырды.

● БӘРЕКЕЛДІ!

МӘДЕНИЕТ НЫСАНДАРЫ САЛЫНАДЫ

Жетісу облысы әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, өзендермен өрнектелген өлкедегі шалғай ауылдарға қажетті мәдени нысандар блокты-модульді конструкциядан салына бастады. Мәселен, биыл 12 ауылда жаңа үлгідегі клубтардың құрылысы жүргізілуде.

Тұрғындарының саны мың адамнан аспайтын 12 ауылға блокты-модульді клубтар орнату үшін облыстық бюджеттен 1,7 млрд. теңге қарастырылған. Өткен жылы тәжірибе ретінде ең алғаш Ескелді ауданының Қоңыр ауылында БМК клубы тұрғызылса, биыл Алакөл, Ескелді, Қаратал, Көксу, Кербұлақ аудандарының ауылдарында жаңа үлгідегі блокты-модульді мәдени нысандардың құрылыс жұмыстары жүріп жатыр.

Солардың бірі Кербұлақ ауданы Шұбар ауылында орнатылуда. Қазіргі таңда нысандағы құрылыс жұмыстарының шамамен 40% аяқталған.

– Металл конструкцияларын құрып бітірген соң сэндвич панельмен қаптаймыз. Содан соң сыртқы жұмыстарына кірісеміз. Клубтың 120 орындық көрермен залы, 11 бөлмесі болады. Құрылыс жұмыстарының кестесіне сай алда екі ай уақытымыз бар. Белгіленген мерзімде құрылысты аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз, – дейді мердігер «Ақтөбе-Экорт» ЖШС прорабы Бірлік Қантбаев.

Елді мекенде мәдениет ошағының салынатынына ауыл тұрғындары қуанып жүр.

– Жаңа нысан салынып жатқанына ризамыз. Ауылда балабақшамыз бар, мектебіміз бар. Енді мәдениет ошағы ашылса, жастардың бос уақытын пайдалы өткізуіне жақсы мүмкіндік болады. Өзіміз де бір уақыт концерт көрсек, мереке өткізсек, сырттан келетін әртістердің өнерін тамашаласақ, ауыл тұрғындары үшін де рухани демалатын орын болар еді, – дейді ауылдық Аналар кеңесінің төрайымы Нүкетай Күзенбаева.

Жалпы облыста 200-ден астам мәдениет нысаны халыққа қызмет көрсетуде. Жетісу облысы құрылғалы бері 7 жаңа мәдениет нысаны ашылды, соның 5-еуі Мәдениет үйі, 1 музей, 1 кітапхана.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

● БРИФИНГ

Жарқын болашаққа жолдау

«Ұмтылыс Q» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жетісу облысында студенттік және мектептік өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі іс-шаралар кешені» жобасының жұмысы жалғасуда. Бұл туралы Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен брифингте «Ұмтылыс Q» қоғамдық бірлестігінің үйлестіруші Дәулет Ауданбаев баяндады.

Айғаным АЙТМҰХАН

Жоба барысында облыстағы барлық жоғары, арнаулы, орта оқу орындарында студенттік және мектептік өзін-өзі басқарудың тиімді моделін құру және оның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету дағдылары қалыптасады. Аталмыш жобаның мақсаты – студенттер мен оқушылардың дамуына жан-жақты көмек көрсету, қажетті дағдыларды үйрету. Оларды мәдени, ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдарлау. Сонымен қатар, олардың қоғамдық-саяси өзгерістерге және елдің жарқын болашағына оң көзқарасын қалыптастыру мен жастар арасында қызығушылық, өз ойын білдіру, тәжірибе алмасу және белсенділік деңгейін арттыру үшін ақпараттық-насихат жұмыстары жүргізіледі.

Айта кетейік, аталмыш жобаға 22 млн. теңге қаражат бөлінген. Жоспар бойынша жоба шеңберінде тақырыпқа байланысты іс-шара 5000 адамды қамтуы тиіс. Ал 100 мың адам ақпаратпен қамтылады. Жастар арасында қызығушылық деңгейін арттыру, өз ойын білдіру, тәжірибе алмасу және белсенділік мақсатында кемінде 20, студенттер мен оқушылардың қоғамдық-саяси өзгерістерге және елдің жарқын болашағына оң көзқарасын қалыптастыру бойынша 50 іс-шара, өзін-өзі басқару көшбасшыларының 2 слеті және 200 адамның қатысуымен жазғы және қысқы лагерь өткізілетін болады.

● ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ



Баспана мәселесі көтерілді

Алакөл ауданының әкімі Алмас Абдинов белгіленген кесте бойынша тұрғындарды қабылдап, олардың түйткілді сұрағын дер кезінде шешуге көмектесіп тұрады. Сонымен қатар ауыл, елді мекендерді жиі аралап, тұрғындармен кездесіп, ондағы шешімін күткен мәселелерді назарға алып, шешілу жолын көпшілікпен бірге қарастыруды да әдетке айналдырған.

Осы аптада аудан әкімі 12 азаматты жеке мәселелері бойынша қабылдады. Әрине, бүгінде өңірлерде қабылдауға жиі жүгінетіндердің дені тұрғын үй қорынан баспана алуға қатысты болатыны белгілі. Жоғарыдағы 12 азаматтың 10-ы дәл сол сұрақпен өңір басшысына жүгініпті.

Мұның да өзіндік себебі бар. Өйткені Алакөл ауданында соңғы жылдары үй кезегінде тұрған тұрғындарды түрлі жолдармен баспаналы етуге қатысты нәтижелі жұмыс жүріп жатыр. Өткен жылдың басында ауданда барлық қаржыландыру көздері есебінен 23058,0 шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланса, жыл соңында 26092,0 шаршы метр үй салынып, жоспар 113 пайыз орындалған. Сол қатарда екі 20 пәтерлі және бір 60 пәтерлі жалдамалы тұрғын үй тұрғызылды. Сондай-ақ, әлеуметтік осал топтар үшін тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыстар өз ретімен атқарылуда.

Дегенмен, салынып жатқан тұрғын үйлер мен әлеуметтік осал топтар үшін сатып алынып, бөлініп берілетін баспаналар ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы негізінде белгіленген тәртіп және кезек ретімен беріледі. Алмас Сапарғалиұлы тұрғын үй бойынша келген азаматтарға оның жай-жапсарын толық түсіндіріп берді. Кейбір сұрақтар бойынша құзырлы мемлекеттік мекеме басшылары мен округ әкімдеріне тиісті тапсырма беріп, жедел шешімді қажет ететін мәселелерді өз бақылауына алатынын ескертті.

Міне, осылай азаматтар толғандырған барлық сауалына нақты жауап алды.

Қ. ОМАРАҚЫН
Алакөл ауданы

● ЕЛ ШЕБІНДЕ

Қырағы шегарашы



Темірдей тәртіпті талап ететін шегара шебінде өзіне жүктелген жауапты міндетті атқара жүріп, абырой мен беделге ие болған қызметкерлер жетерлік. Солардың бірі – ҚР ҰҚК шегара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің «Қорғас» шегаралық бақылау басқармасы «Нұр жолы» (жолаушылық) шегаралық бақылау бөлімінің бөлімше бақылаушысы, ефрейтор Еламан Матайов.

Еламан Талғатұлы әскери қызметті №2091 әскери бөліміне қарасты «Ынталы» шегара заставасында бастаған. Ол өткен жылы Алматы облысы бойынша департаменті ұйымдастырған «Үздік бақылаушы» сайысының жеңімпазы атанды.

Қызмет барысында бірнеше рет тіркеу нөмірі сәйкес келмейтін көлік құралдарының жалған куәліктерін әшкерелеп, контрабандалық жолмен шегара асырғысы келген автокөліктің қосымша бөлшектерін тәркілеген. Жедел іздеуде тұрған адамдарды да анықтаған. Маман шегара қызметіне келісімшарт негізінде орналасуға азаматтық тұлғаларды табуға да белсенділік танытып жүр.

Еламан Матайов ҚР Ұлттық ұланы әскерінің Астана қаласында орналасқан № 5573 әскери бөлімінде радиотелефоншы лауазымын да атқарған. Осылайша түрлі лауазымдарда абыройлы қызмет атқарған Еламан әскери саладағы айтулы қызметіне лайықты жан екенін қилы қызмет жолымен дәлелдеп жүр.

Уақытын босқа өткізбеуге тырысатын шегарашы Бауыржан Момышұлы сияқты даңқты қолбасшылардың қаламынан туған туындыларды оқығанды ұнатады.

ҚР ҰҚК ШЕГАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІ

13 тамыз,
сейсенбі,
2024 жыл
№93 (19376)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisu

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●



Қасиетті қара өлеңнің зергері, ұлы ақын, дарқан даланың данышпаны – Абай Құнанбайұлының туған күнін ел көлемінде тойлау, «Абай күні» ретінде атап өту ұлт мәдениетінің жаңғыруы іспетті игілікті дүние.

ХАКІМ РУХЫ АРДАҚТАЛДЫ

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ



Суреттерді түсірген Айгерім ҚИЛЫБАЕВА

Осынау ғажайып күнді бүгінде зор ықыласпен күтетін деңгейге жеттік. Бұл ретте тотыдай түрленген Талдықорған жұртшылығы да адамзат алыбының айшықты мерекесін асқан қуанышпен атап өтті.

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ қатысуымен өткен Абай күні мерекесі Б. Римова атындағы Талдықорған драма театрының алдындағы ақын ескерткіші маңында шырайын тапты. Алдымен аймақ басшысы бастаған зиялы қауым өкілдері ақын Абайдың тастұғырына гүл шоқтарын қойды.

Төрт жылдан бері жалғасын тауып келе жатқан Абай күні жетісулықтарды терең тағылымға шақырып, ерекше рухани күш бергендей көрінді. Әсем ғимараттың алдындағы Абай ескерткіші, оның алдындағы субұрқақты айнала қоршаған жетісулықтар сөздің сарасы мен патшасы болған өлең тыңдап, қара сөздің астарына бойлап, әсем ән мен тәтті күйге елітті.

Еліктеп талай ақын, талай дана,
Өзіңді үлгі тұтқан Абай баба.
Ұлтқа берген мұраңды қадірлеумен,
Ел-жұртың тойлап жатыр
арайлана, –

деп жыр түлеткен жүргізушілерден тартып сахнаға көтерілген әр өнерпаз ұлы ақынның рухына тағзым жасағандай, барша қазақтың көзтастар көкжиегіне ықыласпен зиярат еткендей көрінді.

Иә, «Мыңмен жалғыз алысқан» алып Абайдың әр өлеңі қазақтың қасиетті құбыласындай киеге, құдіретке толы. Дүниенің ақтығынан тартып, Жаратқанның хақтығына дейінгі аралықта қазағына жөн көрсеткен, жол сілтеген хәкімнің жазған жыры – жақұт, күйі – керім, әні – әсем.

Сол әсем ән мен тәтті күйді жетісулық өнерпаздар шегіне жеткізе орындады. Тілек Нығымбаев, Дархан Дүйсен, Төлеутай Серіков, Гүлбақыт Қасен, Сая Есенгелдинова, Жангелді Немеребай, Әділ Құттыбаев, Анель Бердімұратова, Гүлнұр Нұрасылова, Таңжарық Орынбасар, Мұқағали Сансызбаев, Дархан Сабыров, Мейрамбек Абдықадыров, Асанәлі Байтоғаев, Асхат Мадиев, Аяулым Жапархан, Жомарт Тәкебаев, Азамат Үмбетов, Мәулеш Әбжапаров, Алмас Жексенбаев секілді әншілер мен күйшілер, Абай бабаның ізімен қара өлеңге зер салып жүрген ақындар жетісулық жұртшылықтың ықыласына бөленді. Алғысына кенелді.

Шырайлы шарадан көпшілік ерекше шабытпен тарқасты.

● ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ

«Үздік педагог» байқауы басталды

Елімізде «Үздік педагог» байқауы басталды. Жеңімпаздарға 3 млн. 692 мың теңге көлемінде сыйақы беріледі. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігі ресми сайтында хабарлады.



«Байқауға мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының штаттағы педагогтері қатыса алады.

Конкурс 3 кезеңнен тұрады, атап айтсақ, аудандық, қалалық деңгей (8-21 тамыз), облыстық деңгей (22 тамыз – 10 қыркүйек), республикалық деңгей (11 қыркүйек – 18 қазан) аралығында өтеді.

«Үздік педагог» республикалық конкурсы 2012 жылдан бері өткізіліп келе жатқан дәстүрлі байқау. Сондықтан маңызы зор. Осы уақытқа дейін 700-ге жуық жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған мықтылар анықталды.

«Үздік педагог» атағының иегерлеріне 1000 АЕК көлеміндегі ақшалай сыйақы ғана емес, төсбелгілер де беріледі. Байқау ережелері туралы қосымша ақпарат Оқу-ағарту министрлігінің сайтында бар екенін көпшілік назарына саламыз.

1000 доп таратылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВ Жолдауында «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз», – деп текке айтпаған. Жетісу өңірінде бұл жұмыс жүйелі жүргізіліп келеді.



Жыл басынан бері жасөспірімдер арасында «Былғары доп» спорттық жарыстары өткізілуде. Оған Талдықорған қаласындағы өткен «Болашақ» стадионында жасөспірімдер арасында өткен «Былғары доп – 2024» жарысының финалдық ойындары дәлел. Жарысқа әр өңірден іріктелген 200-ге жуық ала доп шеберлері қатысып, өз бақтарын сынауда. Жарыста балаларға 1000 доп таратылды.

Өрт қауіпсіздігі айлығы өтеді

15 тамыздан 1 қазанға дейін тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігі айлығы өтеді.



Онда департамент қызметкерлері жергілікті атқарушы орган, полиция қызметкерлері, еріктілер және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп, бірінші кезекте халықтың әлеуметтік осал топтарына түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Бұл орайда халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы адамдарға баса көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, облыс бойынша 132 мыңнан астам жеке тұрғын үй және 1656 көппәтерлі тұрғын үй есепке алынды.

● БРИФИНГ

Судан тапшылық жоқ

«Жетісу Медиа» ақпараттық алаңында өткен брифингте «Қазсушар» РМК Жетісу филиалының директоры Саят Құдайбергенов су бөлу жағдайы туралы баяндады.

Қажет АҢДАС

Оның айтуынша, филиалдың теңгерімінде Жетісу және Алматы облыстарының аумағында 9 су қоймасы, 12 су торабы, 3 су бөгеті және 5102,8 шақырымды магистральді су таратушы канал және коллекторлық-дренаждық желісі бар. Аталған мекеме осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Жетісу облысындағы 6 аудандық өндірістік учаске қарамағындағы каналдар арқылы 180438 гектар және Алматы облысының 3 ауданына Шеңгелді ауылына және Үйғыр, Балқаш аудандарының 32184 гектар суармалы жеріне қызмет көрсетеді. Балқаш – Алакөл бассейндік инспекциясының бұйрығына сәйкес 2016-2025 жылдарға су пайдалануға арналған рұқсат бойынша 1 596 285,9 мың м^3 су алады.

Филиал үнемі облыстық ауылшаруашылығы басқармасы мен аудан әкімдіктеріне, ауылшаруашылығы тауарын өндірушілеріне монодақылдардың егістіктерін қысқартуға, су үнемдеу технологияларын қолдануға және мүмкіндігінше ауыспалы егістерді сақтауға, сондай-ақ ауылшаруашылығы дақылдарын егу кезінде оларды орналастыруды филиалдың өндірістік телімдермен келісуге, суармалы суды ұтымды пайдалануға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп тұрады.

– Айта кетерлігі, биыл облыс дикандары жылдағыдай су тапшылығын сезінбеді. Алайда егіс көлемінің жыл сайын ұлғаюына байланысты су бөлу аясындағы жұмыстардың да ауқымдана түсетіні анық. Сондықтан уақыт талабына сай қызмет көрсетуге сақадай сай тұрамыз, – дейді Саят Үсенұлы.

Филиал қызметінде облыста жаңа су шаруашылығы нысанын салу, ирригациялық желілерді қалпына келтіру, ағымды және күрделі жөндеуден өткізу туралы жұмыстар жүргізіледі. Бүгінде Қызылағаш су қоймасының құрылысы аяқталды. Ал алдағы уақытта 22,0 млн. м^3 Ақсу ауданының Бүйен өзеніндегі су қоймасының құрылысы басталмақ. Ескелді ауданындағы сыйымдылығы 5,0 млн. м^3 «Балықты» су қоймасын, Панфилов ауданындағы Қорғас өзенінен сыйымдылығы 10 млн.м^3, Өсек өзенінен сыйымдылығы 15 млн.м^3, Тышқан өзенінен сыйымдылығы 10 млн. м^3 су қоймасын салу көзделуде. Алакөл ауданындағы 2 мың гектар жерді суармалы жерге айналдыру мақсатындағы сыйымдылығы 5,0 млн.м^3 Жаманты өзенінен су қоймасын, Көксу ауданындағы сыйымдылығы 15,0 млн.м^3 Быжы өзенінен су қоймасын салудың техникалық-экономикалық негіздемесі жасалуда.

Егер аталған су қоймалары салынатын болса облыста су тапшылығы азаяды. Есесіне суармалы жерлер ұлғайып, су бөлу жұмысы жеңілдей түспек.

● ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ

15 тамыз,
бейсенбі,
2024 жыл
№94 (19377)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

ҚҰРЫШ БІЛЕК ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Қоғамның қай саласы, қай сатысында қызмет етсе де адам ең алдымен өзіне артылған сенім жүгін абыроймен арқалай білуі қажет. Саланың дамуы, жоспарлы міндеттің сапалы атқарылуы ең алдымен, елдік мүддеге лайықталуы өзекті тақырып. Нысанның көптеп салынуы емес, сапалы болуы маңызды. Алдағы уақытта әрбір нысанды бастар сәтте облыс әкімі осылай айтып еді деген сөз ойларыңызда тұрсын.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Лебізі мен сала мамандарына айтқан уәжін осылай деп айшықтаған облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ бірқатар құрылысшыны марапаттады.

Облыстық әкімдікте өткен салтанатты жиында Құрылысшылардың кәсіби мерекесіне орай Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес алдыңғы қатарлы құрылыс мекемелерінің мамандарына берілген марапат табысталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек», – деген еді. Осы орайда құрылысшы мамандардың еңбегін ерекше атап өтуге болады. Сіздер қыстың аязына, жаздың ыстығына қарамай, уақытпен санаспай, халыққа баспана, мектеп, аурухана сияқты маңызды нысандар салып, елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, ауылдар мен қалаларды көркейтуге үлес қосып келесіздер. Сол үшін баршаңызға алғысымды білдіремін, – деген Бейбіт Өксікбайұлы өз кезегінде облыста 65 құрылыс компаниясы жұмыс жасайтынын, оның 44-і өңірімізге тиесілі мекемелер екенін атап өтті. Ізгі тілегінің соңын: «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, әрдайым халықтың алғысына бөлене беріңіздер», – деп тұжырымдаған аймақ басшысы өз кезегінде Президент Жарлығымен «Құрмет», III дәрежелі Еңбек даңқы ордендері мен «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленген мамандарды марапаттады.

Атап айтсақ, «СП «NEFT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің учаске бастығы Амантай Испулаев пен «АРЛАН-жоба құрылыс» ЖШС-нің инженер - сметашысы Гүлнар Құлмағамбетова «Құрмет» орденімен, «Нұр-шапағат-құрылыс» ЖШС-нің дәнекерлеушісі Бауыржан Құрманбаев, «Жөндеу-Құрылыс» ЖШС-нің 5 разрядты дәнекерлеушісі Қалдыбай Ниятдинов, III дәрежелі Еңбек Даңқы орденімен марапатталды.

Ал, «Global Construction kz», «Шымыр», «АСК Ауыл құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің өндірістік-техникалық база бөлімінің басшылары мен учаске бастықтары Келіс Әбішев, Руслан Кемелбеков, Құрманжан Мәметовтер «Ерен еңбегі үшін» медалін тағынды.

Салтанатты жиын барысында сөз алған «Global Construction kz» ЖШС өндірістік-техникалық база бөлімінің басшысы Келіс Әбішев:

– Әр адам өз мамандығын жақсы көруі тиіс. Сонда ғана жұмысы нәтижелі, атқарған ісі жемісті болады. Осы орайда бүгін ел Президентінің Жарлығымен бекітіліп, сіздің қолыңыздан алып отырған марапат еселі еңбегіміздің лайықты бағасы деп білемін. Сондықтан Мемлекет басшысына, облыс әкімі, өзіңізге айрықша алғысымды білдіремін дей келе, барша құрылысшыны кәсіби мерекесімен құттықтады.

● НАУҚАН



ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ жеткілікті ме?

Жыл сайын көктемгі дала жұмыстары басталысымен және шаруашылықтар күзгі егін жинау науқанына кіріскен тұста жанар-жағармайға қатысты әңгіме жиі көтеріледі. Өйткені шаруалар алдағы жоспарын жүзеге асыру үшін жоспарлаған егінін егіп, күзде ала жаздай төккен терінің өтеуін төкпей-шашпай жинауға кіріседі. Әрине, жанар-жағармай қоры жеткілікті әрі бағасының да дикандардың қалтасына жүк түсірмегені керек. Сондықтан бұл жұмысқа облыстық ауылшаруашылығы басқармасындағылар жауапкершілікпен нақтылы зерттеу арқылы кіріседі.

Қажет АНДАС

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасынан алынған ақпаратта мамыр айының 1- 20 күндері аралығында «GOSAGRO» порталы арқылы күзгі дала жұмыстарына байланысты облыстағы 833 шаруашылықтан 6479,5 тонна дизель отынына өтінім түскен. Порталға түскен өтінімдер бойынша облыстық ауылшаруашылық басқармасы ҚР Ауылшаруашылығы министрлігіне: «Аймақтағы шаруашылықтар егін жинау науқанын сәтті жүргізу үшін шілде айында 984,9 тонна, тамыз айында 1688,3 тонна, қыркүйек айында 2792 тонна, қазан айында 1014,2 тонна дизель отыны керек болады» деген өтінім жолдады. Сондай-ақ, жанар-жағармайды жеткізуші оператор таңдалды. Сонымен таңдау «GASSOILM.A.» ЖШС-не түсті. Олармен дизель отынын аудан және қала орталығына жеткізіп беруді қоса қанда қызмет көрсету бағасы 1 литрі 250 теңгеге бағаланып, келісімшарт жасалды. Ал аудан және қала орталықтарынан егіс алқабына шаруашылықтар өздері тасып алуға міндеттелді.

Оператор «GASSOILM.A.» ЖШС шілде айында «Petrosun» ЖШС-нен 1000 тонна дизель отынын алуға келісімшарт жасап, оның 719 тоннасын сатып алды. Қалған 281 тоннасы 31 тамызға дейін сатып алынады. Сонымен қатар, тамыз айында қосымша 1600 тонна дизель отынын сатып алуға келісімшарт жасалуда. Ал ҚР Энергетика министрлігімен дизель отынының төлем уақыты биылғы 31 тамызға дейін ұзартылған. Демек, бұл бағытта жұмыс жүріп жатыр.

Ойландыратын тұсы, жыл басында «Госагро» порталы арқылы облыстағы 833 шаруашылықтан 6479,5 тонна дизель отынына өтінім түскенімен, егін орағы басталған тұста 3564,7 тоннаға 347 өтінім қабылданған. Ал тасымалдаушы оператор «GASSOILM.A.» ЖШС 76 шаруашылықпен 1752,5 тонна дизель отынын жеткізіп беруге келісімшарт жасасқан. Бүгінгі таңда 39 шаруа қожалығына 623,6 тонна дизель отыны жеткізілсе, қалғандары келісімшартта көрсетілген уақытта алады.

Осы цифрларға талдау жасап көргенде облыстық ауылшаруашылығы басқармасы мен оператор «өз міндетін орындап отыр» деп топшылауға болады. Өйткені олар порталға түскен өтінім бойынша сұранысты толығымен орындады. Ал жыл басында портал арқылы өтінім берген шаруашылықтар науқан басталған тұста дизель отынын белгіленген тасымалдаушы оператордан алуға салғырттық танытуда.

Дегенмен, ауыл, қалада, егіс басында жұмыс қызып тұр. Жанар-жағармай жетпей қаңтарылып тұрған техника жоқ. Сонда шаруашылықтар дизель отынын қайдан алып жатыр? Телефон арқылы бірнеше шаруа қожалығымен хабарласып көрген едік, ешкім еш нәрсе айтпайды.

● ЖАЙДАРМАН

МӘДЕНИЕТ ҮЙІ бой көтермек

Көксу ауданының орталығынан шалғай орналасқан Мұсабек ауылында Мәдениет үйінің ғимараты пайдалануға берілмек.

1 мың 162 тұрғыны бар ауылда заман талабына сай жабдықталған 150 орынды Мәдениет үйі халық игілігіне беріледі. Ауылдық Мәдениет үйінде акт залы, сахна, директор кабинеті, гардероб, күзет, фойе, шығармашылық кабинет, әкімшілік, санторап, техникалық бөлме, кітап сақтау орны, оқу залы кабинеті бар. Бұған дейін аудан әкімінің халықпен кездесуінде бұл мәселе бірнеше рет көтеріліп, тұрғындар Мәдениет үйін салып беру жөнінде өтініштерін айтқан болатын. Енді, міне, ауыл тұрғындарының талап-тілегі орындалып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Көксу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің тапсырысымен берілген жобаның жалпы құны 150 млн. теңгені құрайды. Бүгінде құрылыста 30 маман жұмыс істеуде.

Аружан АСҚАРҚЫЗЫ
Көксу ауданы

● РУХАНИЯТ

ӘН-ЖЫРДЫҢ шамшырағы

Ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан небір тұлғаларды, жайсаң жандарды насихаттап, олардың өмірінен сыр шертіп отыру да игілікті істің бірі. Бұл ретте ғасырлар бойы ел жадында сақталған, тіпті кейбір туындылары «халық әні» санатында айтылып жүрген күміс көмей, жез таңдай әншілердің де өмірі мен шығармашылығын ұмыт қалдырмауымыз қажет.

Талдықорған қаласындағы орталық балалар кітапханасында «Біржан сал – қазақ ән-жырының шамшырағы» атты тұлғатану сабағы өтті. Рухани шара барысында өскелең ұрпақ пен кітапсүйер қауымға тарихи тұлға жайлы кең көлемде мәлімет беріліп, оның сүрген өмірі, атқарған ісі мен өміршең шығармалары турасында баяндалды.

Қазақ мәдениетінің бір шынары, музыкасының алыбы саналған атақты Біржан сал Қожағұлұлының өмірі рухани күреспен өтті. Сал-сері ретінде құс салып, құмай-тазы жүгіртіп қана қоймай, ол «тар жол тайғақ кешу кезеңде» ұлттың этнографиялық тірлігінің өлеусіреген ошағына рухтың шоғын тастады, асқан ән шырқады. Киіз туырлықты елдің күйі қашқан сол бір кезеңде әрбір жиынның сәніне айналды, елді ұйытты, жұрттың жүрегінен орын алды. Міне, тұлғалық болмысы мен айтылмай келген өмір шындығының бір тарауында осындай жарқын із қалдырған ән-жырдың шамшырағы туралы оқушылар, кітапсүйер жастар молынан мәлімет алып, қазақ руханиятының бір шынарымен толықтай танысып қайтты.

АРДА БИ

● ҚЫСҚЫ ДАЙЫНДЫҚ

КӨМІРДЕН ТАРЫҚПАЙМЫЗ

Жыл сайын облыс тұрғындары уақытылы көмірмен қамтылып келеді. Биыл аймаққа тәулігіне орта есеппен 13 вагон немесе 897 тонна қатты отын жеткізілуде.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, облыс аумағында 35 көмір тұйығы мен қоймалары бар. Онда 30,2 мың тонна көмір сақталған. Оның 19,2 мың тоннасы «Шұбаркөл» және 11 мың тоннасы «Қаражыра» көмірі.

Облыс аумағында көмірдің орташа бағасы 18 мың 600-20 мың теңгені құрайды. Теміржол қатынасы жоқ аудандарға жеткізу қашықтығына қарай баға 25-28 мың теңге көлемінде.

Жалпы, 2024-2025 жылғы жылыту маусымындағы халықтың көмірді тұтыну қажеттілігі 428,5 мың тоннаны құрайды. Облыс тұрғындары күні бүгінге дейін 76,4 мың тонна көмір сатып алған.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы мен аудан-қала әкімдіктері өңір халқын ауа райының қолайлы кезінде қысқа қажетті көмір қорын түсіріп алуға шақырады.

Еңлік БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



● ГАЗДАНДЫРУ

ТҰРҒЫНДАР АРМАНЫ ОРЫНДАЛМАҚ

Талдықорған қаласы тұрғындары көгілдір отынның қызығын көргелі бірнеше жыл болды. Ал қала іргесіндегі Ескелді ауданының елді мекендері мен Текелі қаласының тұрғындары көмір жағудың әуресінен құтылмай келіп еді. Міне, енді тұрғындардың сол арманы жүзеге асып, биыл қазан айында Ескелді ауданының Шымыр ауылы мен Текелі қаласының шағынаудандарына табиғи газ құбыры жеткізіледі.

Қажет АНДАС



Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы мамандарының айтуынша, Ескелді ауданындағы 33 елді мекеннің 21-і газдандыруға жатады. Бүгінгі таңда 8 ауылға газ жеткізілді. 9 елді мекенде газ тарату желісін салу жұмысы жүргізілуде. Ақтасты ауылы бойынша құрылыс-монтаждау жұмысына конкурс жарияланса, Жалғызағаш және Қайнарлы ауылдарының жобалық жұмыстары жүргізілуде. Негізінен ауданды газдандыру келесі жылы толығымен аяқталады. Бүгінгі таңда Шымыр ауылында газ желісін тарту жұмысы қарқын алған. Жалпы ауылға 38 шақырым газ желісін тарту керек болса, соның 50 пайызының құрылыс жұмысы аяқталған. Құрылыс жұмысын «Алматы Production Construction & Invest» ЖШС жүргізсе, жұмыстың сапасын «Тұран құрылыс» ЖШС қадағалап отыр.

Бүгінде мердігер компанияның жұмысы қарбалас. Бір жақтан құбырларды сырлау, енді бір жақтан дәнекерлеу жұмысы жүріп жатса, жұмысшылардың тағы бір тобы газ жеткізетін қораптарды орналастырумен айналысуда. Мердігерлер жұмысты уақытында бітіру үшін жұмыс күшін еселей түскен. Қазір мұнда 5 бригада жұмыс атқаруда.

Текелі қаласына газ желісін тарту жұмысы да қарқынды. Естеріңізде болса, 2018 жылы «Талдықорған – Текелі» жоғары қысымды газ құбыры тартылған. Ал 2022 жылы Текелі қаласының ішкі газ тарату желісін салу жұмысы басталып, қомақты қаржы бөлінді.

– Жоба бойынша газ құбырының жалпы ұзындығы 195 шақырымды құрайды. Қазір 147,5 шақырым құбыр салынып бітті. 190 көпқабатты үйдің 176-сы газ желісіне байланыстырылды. Қалған жұмыс қазан айының соңына қарай аяқталады, – дейді Текелі қалалық автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ермек Жұмағалиев.

Текелі қаласына газ желісі толық тартылғанда қаланың 30 мыңнан астам тұрғыны табиғи газға қол жеткізеді. Ең бастысы, ауыл тұрғындарының көңілі шат. Көгілдір отын оларды жылыту маусымында біраз әурешіліктен босататыны анық.

– Қалаға табиғи газ құбыры тартыла бастағалы қуанып жүрміз. Қыс бойы көмір жағудан құтыламыз. Оның үстіне, қосымша шаруашылықтармен айналысуға да мүмкіндік болады, – дейді қала тұрғыны Серік Мырқасымов.

Дегенмен, мердігер компания келісілген елді мекенге газ желісін тартып беруге жауапты. Ал әрбір тұрғын табиғи газды өз үйіне жеке қаражатымен кіргізеді. Текелі қаласының шағынаудандары мен Шымыр ауылына газ желісі жеткенімен тұрғындар толық газға қосыла алмайды. Өйткені, ол қаржыға тірелетіні анық. Сондықтан жерлестеріміз биылша қысқы отынын осы бастан даярлай бергені дұрыс шығар.

Айта кетейік, 2025 жылдың соңына дейін өңірдің 506,6 мың тұрғыны бар 126 елді мекенін газдандыру жоспарланған. Газдандырудың екінші кезеңінде Ақсу, Алакөл және Сарқан аудандарының елді мекендері көгілдір отынмен қамтылады. Бүгінде «Талдықорған – Үшарал» магистральды газ құбыры құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Ауқымды жоба тамыз айының соңында іске асырыла бастайды деп жоспарланған. Оны аяқтаудың алдын ала белгіленген мерзімі 2026 жылдың соңы. Жобалардың барлығы жүзеге асырылғанда облыста газдандыру деңгейі 100 пайызға жетеді.

Ескелді ауданы,
Текелі қаласы

● БОЛАШАҚ

Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады. Балалардың құқығын қорғау прокуратураның басым бағыттарының бірі. Жуырда қалалық прокуратура жүргізген тексеру кезінде кәмелетке толмағандарды әкімшілік жауапкершілікке заңсыз тарту фактілері анықталды.

Бала құқығы қорғалады

Прокуратура мәліметінше, уәкілетті орган Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің талаптарын бұза отырып, ӘҚБтК-нің 615, 492, 620-баптары бойынша 16-17 жас аралығындағы 107 кәмелетке толмағандарға қатысты әкімшілік хаттама жасау кезінде қорғаушылардың міндетті қатысуын қамтамасыз етпеген. Кәмелетке толмағандар айыппұл немесе ескерту түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Прокуратураның наразылықтары бойынша ішкі істер органдарының жоғарыда аталған қаулыларының күші жойылып, кәмелетке толмағандардың құқықтары қорғалды. Қадағалау актілері бойынша 21 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Қазіргі уақытта әкімшілік айыппұлдар шеңберінде ақша қаражатын қайтару мәселесі қаралуда.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

● АКЦИЯ

Қаратал аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы шеңберінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топ» көшпелі акциясы өтті.

Тегін заңгерлік кеңес алды

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті және аудан әкімдігі ұйымдастырған жиынға жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері, заңгерлері мен адвокаттары қатысып, тұрғындардың көкейінде жүрген сауалдарға жауап берді. Акцияның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы әлеуметтік шиеленісті жою, мәселелерді шешу және тегін заң көмегін көрсету. «Тұрғын үй, жер мәселесі бойынша заң көмегіне жүгінгендер көп», – дейді мамандар.

– Тұрғындарға алдын ала хабар беріп, тегін кеңес алуға шақырдық. Акция аясында жергілікті мемлекеттік органдардың 18 өкілі тұрғындарға тегін кеңес берді. Жиналған халықтың басым көпшілігі білікті мамандарға жер, үй мәселесі бойынша жүгінді, – дейді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департамент басшысы Саян Ахметжанов.

Аудан бойынша 12 азамат акция аясында тегін заңгерлік кеңес алды. Тұрғындар маманмен сөйлескеннен кейін әрі қарай не істеу керектігін сұрап, мәселесінің тез шешілу жолдарын да біліп, осындай игі шара жиі ұйымдастырылып тұрса деген тілектерін білдірді.

Айдар НАЗАРҰЛЫ

● ДАМУ

ДӘМДІ ШҰЖЫҚ ДАЙЫНДАЛАДЫ

«Семейные традиции» брендімен шығарылатын шұжық түрлері Алматы мен Жетісу облыстарында кеңінен танымал. Дәмі тіл үйіретін мұндай өнім «Бова» жеке кәсіпкерлігінде өндіріледі.


Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Компанияның таза еттен жасалатын шұжық түрлерін өндірумен айналысып келе жатқанына 12 жылдан асты. Кәсіпорында шикізат пен өндіріс технологиясына ерекше назар аударылады. Табиғи, экологиялық таза шикізат және жеткізілімді бақылау – бұл өндірістің тағы бір оң көрсеткіші болып саналады.

Жеке кәсіпкер Сергей Бова кәсіпкерлігін өрістету үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ-ға жүгініп, айналым қаражатын толықтыруға несие алды. Жобаны «Даму» қоры 1-бағыт шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде қолдады.

Бүгінгі таңда кәсіпорында жұмыс істейтін еңбеккерлердің басым бөлігі білімді әрі тәжірибелі. Кәсіпорында тұтынушы көңілінен шығатын өнім өндіру мақсатында сапасы жоғары жабдық орнатылған. Шұжық түрлері арнайы тексеруден өткен жергілікті әрі таңдаулы, жоғарғы сортты отандық еттен жасалады. Ет дәмі мен сапасын жоғалтпай өндіруге мүмкіндік беретін жаңа технологиялар қолданылады.

Шұжық өндірісінде қолданылатын дәмдеуіштерге де ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені олар өнімнің керемет хош иісін, дәмін айғақтайды. Бүгінгі таңда компанияда шұжықтың 6 түрі шығарылады. Өндіріс қуаттылығы жылына 12 тоннаны құрайды.



● ЕҢБЕК АДАМЫ

Қоғамда әр саланың өзіндік орны мен мәртебесі бар. Әсіресе, еліміздің экономикасына тікелей серпін беретін – құрылыс саласы. Көкпен таласқан зәулім ғимараттардың әрбірінде құрылысшылардың қолтаңбасы бар. Жетісу жерінде құрыш қолды құрылысшылар жетерлік. Солардың бірі – Болат Мұхамеджанов.

Айдар ҚАЛИЕВ


Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ҚҰРЫШ ҚОЛДЫ ҚҰРЫЛЫСШЫ

Облысымыз осыдан 15-20 жыл бұрын қандай еді? Ал қазіргі көрінісі қандай? Өңірдің қайта түлеп, жаңарып сала бергені құрылысшылардың ерен еңбегінің арқасы. Осы ретте 15 жылдан астам құрылыс саласында табан аудармай жұмыс істеп келе жатқан кейіпкеріміздің еңбегін айта кеткеніміз жөн. Құрыш қолды құрылысшы еңбек жолында жылу магистральдарын, мұнай құбырларын тартып, үлкенді-кішілі үйлер, модульдік құрылыстар мен әкімшілік ғимараттар салған.

Кейіпкеріміз оқуды тамамдаған соң Отан алдындағы борышын өтеп, әскери салада қызмет етеді. Кейін құрылысшы мамандығына қызығып осы салаға бет бұрады. Бүгінде ол Сарқан қаласы «Мәңгілік ел» көшесінде тұрғын үй кезегіндегі азаматтар үшін салынып жатқан құрылыс нысанында бригадир. Қарамағында 35 адам бар. Құрылысшылар үйлердің сыртын безендіру, сырлау, әктеу, қаптау және терезе жиектерін жасау жұмыстарын жүргізуде.

– Құрылысшы болу оңай емес. Біз қаламызды дамытып, жарқыратып, әрбір нысанға өң беруге тырысамыз. Мұның барлығы ел игілігі үшін жасалуда. Ал құрылыс нысанында бригадир болу тіптен қиын. Танымайтын адамдармен ортақ тіл табысуың керек. Тапсырманы дұрыс қойып, нақты түсіндіру қажет. Біз бір ұжым болғанда ғана жұмыс нәтижелі болады. Алдағы уақытта атқарылатын нақты істер жетерлік. Ойлаған шаруаларымыздың бәрі жүзеге асады деп сенеміз, – дейді кейіпкеріміз.

Айта кетейік, Сарқанда 3 бөлмелі 50 жаңа үй бой көтеруде. Бұл үйді инвесторлар өздері салып жатыр екен. Жергілікті әкімдік пен құрылысқа жауапты «TEMIR STROY ALATAU» ЖШС арасында «Тұрғын үй салу, сатып алу» меморандумы жасалыпты.

15 жылын туған жерін түлетуге, қалалар мен елді мекендердің сән-сәулетін арттыруға арнаған құрыш қолды құрылысшыға тұрғындар да дән риза. Тұрғындарға сапалы үй салып, күннің аптап ыстығы мен қақаған аязына қарамастан құрылыс нысанында жүрген жанның еңбегі ерен.

Сарқан ауданы

● ӨНДІРІС

ЕСІК-ТЕРЕЗЕ ШЫҒАРАДЫ

Қазіргі уақытта жаңа ғимараттың бәріне пластикалық есік-терезе салынады. Сонымен бірге көптеген адам үйіндегі ескі терезені жаңасына ауыстыруға тырысады.

Осы ретте «Ак-Бар Building» ЖШС 10 жылдан аса уақыт пластикалық есік-терезе шығарумен айналысып келеді. Өндіріс орнының еңбеккерлері жұмыс барысында кәсіби дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруға және тұтынушы талап-тілегін сапалы орындауға ұмтылуда. Қазіргі уақытта кәсіпорын заманауи үлгіде қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, еуропалық талаптарға сай жұмыс жүргізеді.

Өндіріс орнының жетекшілігі кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейту үшін айналым қаражатын толықтыру мақсатында «Банк ЦентрКредит» АҚ-ға жүгініп, несие алды. Жобаға «Даму» қоры субсидиялау және кепілдік беру құралдары бойынша «Бірыңғай кешенді бағдарлама» шеңберінде қолдау танытты.

«Ак-Бар Building» компаниясында шығарылған өнімдердің негізгі тұтынушылары құрылыс ұйымдары болып табылады. Бүгінгі таңда бұл жерде тәжірибелі мамандар жұмыс істейді. Олар өнімнің сапалы жасалуына айрықша мән беруде. Жұмыс нәтижесі тұтынушы тарапынан оң бағаға ие.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Талдықорған қаласы



КОНСТИТУЦИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ, ӨРКЕНДЕУ КЕПІЛІ

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтауы

Құрметті жетісулықтар!

Баршаңызды Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата Заң – егемендігіміздің кепілі ретінде қоғамның бірлігі мен келісімін нығайтып, тәуелсіздігіміз бен тұрақтылығымыздың символына айналды.

Президентіміз Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ бастамасымен жүргізілген конституциялық реформалар елімізді заң үстемдік ететін әділетті қоғам ретінде орнықтыруға берік негіз болып, алдағы даму бағдарымызды айқындап берді.

Мемлекеттік маңызы бар шешімдерді қабылдауға барша қазақстандықтармен бірге Жетісу облысының тұрғындары да белсене қатысып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын арттыруға елеулі үлес қосып келеді, сол арқылы халқымыз ел болашағына деген ортақ жауапкершілігін таныта білуде. Алдағы уақытта да жетісулықтар Конституция талаптары мен Адал азамат идеясын тірек етіп, қол жеткен жетістіктерді сақтап қана қоймай, оны еселей түсуге ықпал етеді деп сенемін.

Баршаңызға зор денсаулық, толайым табыс, бейбіт те берекелі ғұмыр, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

29 тамыз, бейсенбі, 2024 жыл №99 (19382)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●



● РУХ ЖЫРЫ

Айбарым

Бабалардың сілтеген алдаспаны ем,
Ғасырларға ұшқын боп жалғасқан ем.
Жанартау не?
шақпақтас бір отынан,
Өркениетте кешкен-ді алғаш дәурен.

Жылқы ұстағам, үзеңгі, таға соққам,
Киіз үй бар жан тамған жар ошақтан.
Өркениет не?
озалдан біздің елде
кесек-кесек Заңдар бар дана соқпақ.

Ғасырлардың жайы ойнап, оты ұзарды,
«Қасқа», «Ескі» жол көрдім, «Жеті Жарғы».

Бұлар менің – хақ заңым, Ата жолым,
«Елім-ай» да ұраным аты зарлы.

Мен жетпеген жол бар ма, шығар шың да?
Өркениетті жеткергем ұлы Аршыңа.
Күрсіңе де бабамның үні сіңсе,
Рух қауызын хақ емей кім аршыған?!

Міне, солай баһадүр бабалардың,
Ұшқын-ұшқын ұрпағы саналармын.
«Ата Заңым – айбарым» дегенменен,
Ұждан, иман, борыштар саған арым...

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

● ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

ӨТІНІШ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Облыс әкімі **Бейбіт ИСАБАЕВ** жеке мәселелері бойынша азаматтарды қабылдады. Тұрғындар негізінен тұрғын үй, жұмыспен қамту, инфрақұрылым, денсаулық сақтау, медицина қызметкерлерінің біліктілік деңгейіне қатысты сұрақтарды қойды.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Талдықорған қаласының тұрғыны Жанат Рақышева кезекке тұрған І топтағы мүгедек ұлының баспаналы болуы үшін көмек сұрады. Қала әкімі Ернат Бәзілдің айтуынша, жаңа баспана қазан айында беріледі. Облыс әкімі өтініш білдірген тұрғынның кезегі бойынша баспаналы болуын тікелей өз қадағалауына алатынын айтты.

Астана қаласының тұрғыны Дина Қарымсақова өңірде медицина қызметкері болып жұмысқа орналасу және қызметтік баспанамен қамтамасыз ету мәселесін айтты. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Арман Жансеңгіровтің айтуынша, өтініш берушінің біліктілігін ескере отырып, облыстың әр аудандары мен Талдықорған қаласында педиатр дәрігердің 4, инфекционист дәрігердің 9 бос жұмыс орны бар. Алайда жұмысқа орналасатын маманға қызметтік тұрғын үй берілмейтіні ескертілді. Биылдан бастап облыста медициналық маманның тапшылығы мәселесін шешу үшін біржолғы төлем түрінде әлеуметтік қолдау көрсетіледі деген тұшымды жауап қайтарылды.

Қоғамдық қабылдауға келген Ж. Балапанов көшесінде орналасқан көпқабатты үйдің тұрғындары ауладан шығатын жолдың жоқтығын айтса, енді бірі облыстық балалар жұқпалы аурулар ауруханасы дәрігерлерінің біліктілік деңгейіне шағымданды.

Өтініш білдірушілерді мұқият тыңдаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев бірқатар мәселені жеке бақылауына алып, жауапты тұлғаларға өтініш-тілектің орындалуы үшін нақты тапсырмалар жүктеді.

● ТУРИЗМ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ

Жасыратыны жоқ, туристік аймақтардағы жол, су, жарық, сарқынды су шығаратын құрылғылардың нашарлығы демалушылардың мазасын қашырады. Соның салдарынан кәсіпкерлер бизнесін заман талабына сай реттей алмай қиналып келеді. Генератор немесе күн энергиясынан ток өндіргенімен жылтыраған жарық демалушының еңсесін түсіріп, кәсіпкердің адымын аштырмайды. Демалыс орталықтарына тұщы суды көліктеп тасудың да азабын арқалап жүргендер бар. Бұл Балқаш көлінің жағалауындағы демалыс орындарында да орын алған жағдай. Енді сол қиындықтың бәрі артта қалатын күн жақын.



Келешегі кемел жоба

Қажет АНДАС

Бір-екі жыл бұрын Балқаш көлі жағалауындағы инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарын картадан көріп, көңілімізге көрік іліп едік. Осы жолы сол жоспардың орындалып жатқанын аралап көріп, жайланып қалдық. Әрине, Балқаш көліндегі кәсіпкерлікті өркендетудің бас ауруы – ең алдымен жол құрылысы еді. Біраз жылдық еңбектің нәтижесінде Көлтабан мен Лепсі ауылдарының арасын жалғайтын жолдың басым бөлігі жөнделді. Қалған біраз жерге жыл соңына дейін асфальт төселмек.

Келесі өзекті мәселе көл жағалауындағы демалыс аймақтарының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын реттеу. Жалпы құны 7,4 млрд. теңгеге бағаланған құрылыс жұмысын «Сапа құрылыс 2007» ЖШС жүргізіп жатыр. Жобада қарастырылған бағыттың бірі – жағалауды ауызсумен қамту. Бұл ретте су Лепсі өзенінен тартылады. Бүгінгі күнге жалпы тартылуы тиіс 31,8 шақырымның 24,8 шақырымына су құбыры жүргізілді. Аталмыш жоба Балқаш көлінің жағалауында орналасқан демалыс орындарын су және кәріз жүйесі, электр желісімен қамтамасыз ету, таза ауызсу жеткізу, көлік жолдарын заман талабына сай салуды мақсат етеді. Ауызсу іргедегі Лепсі өзенінен алынады. Көкжиде ауылының маңындағы сорғы стансысынан тартылған су 15,5 шақырым су құбыры арқылы Балқаш көлінің бойындағы су тазарту қондырғысына жеткізіліп, 4 су тазарту қондырғысы арқылы тағы бір рет тазартылып, су тұтынушыларға беріледі. Бұл жерде бір уақытта 500 м^3 су тазартылады. Сонымен бірге 4 резервуар салу жұмыстары жүріп жатыр, олардың екеуінің жеке қуаты 300 м^3, тағы екеуінің жеке қуаты 150 м^3 болмақ. Ал пайдаланғаннан шығатын су кәріз жүйесі арқылы көл бойының тағы бір бөлігіне орналастырылатын кәріз суларын тазарту ғимаратына жеткізіліп, тазартудан өткен соң Балқаш көлінің маңындағы жасыл желектерді суаруға пайдаланылады.

Қазіргі уақытта Лепсі кенті мен көл бойын және оның шомылу аймақтарын жалғайтын 17 шақырым жолды жөндеу жұмысы аяқталған.

(Соңы 2-бетте)

● ТАҒЗЫМ

Құрбандарды еске алды

Талдықорғанда Семей ядролық полигонының жабылған күніне орай және Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күрес құрбандарын еске алуға арналған бейбіт шеру ұйымдастырылды.

29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күрес күні. Жиналған жұртшылық «Семей–Чернобыль» монументі алдына гүл шоқтарын қойып, жарылыстан қаза тапқандар мен ядролық полигонның құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды.

Айғаным АЙТМҰХАН

Айтулы шараға қала әкімі Ернат Бәзіл қатысып, алапат сынақтан зардап шеккендерге тағзым жасап, Невада – Семей қозғалысының маңызы туралы сөз сөйледі.

— Семей полигоны мен Чернобыль апатының халқымызға әкелген зардабы мен қасіреті орасан зор екендігі тарихтан белгілі. Әр апаттың табиғаты басқа болғанымен қасіреті бір. Қаншама азаматтарымыз өмірі мен денсаулығынан айырылғаны баршаға аян. Халқымыздың басынан өткен қилы заманды және ел еңсесін көтерген жетістіктерді жас ұрпақтың білгені өте маңызды. Бүгін біз Семей – Чернобыль апаты құрбандарына арналған ескерткішті орнату арқылы құрбан болған азаматтарға бас иіп, тағзым етіп отырмыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы өз қолымызда» деп атап өткендей, өткенімізді ұмытпай, болашаққа нық қадам жасауымыз қажет, – деді Ернат Бәзіл.

Шара соңында Талдықорған қаласының «Жеңіс» саябағынан бой көтерген Семей ядролық сынақ полигоны және Чернобыль апаты құрбандарына қойылған ескерткішке салтанатты түрде гүл шоқтары қойылып, құрмет көрсетілді.

5 қыркүйек,
бейсенбі,
2024 жыл
№102 (19385)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisu

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● ЭНЕРГЕТИКА



ТІРШІЛІККЕ ТЫНЫС, өмірге өріс берген жоба

Су энергиясының әлеуеті жағынан Қазақстан Орта Азияда алдыңғы орында. Дей тұрғанмен су көзінен пайдаланып электр энергиясын өндіруде кенжелеп келеміз. Осы ақтаңдақты жою мақсатында облыста бірнеше су электр стансысының құрылысы басталғанын білеміз. Сарқан ауданындағы «Басқан-2» СЭС-ін сол қатарға қосуға болады. Сарқан ауданындағы іссапарымызда аталған СЭС-тің жұмыс ауқымымен танысып, оның өңір дамуына тигізетін пайдалы тұстарын бағамдадық.

Қажет АНДАС

Сарқан ауданында басын таудан алатын ағысы қатты бірнеше өзен бар. Оның суы негізінен егістік жерлерді суаруға жұмсалып келді. Соңғы кездері бұл өзендерге су электр стансыларын салу қолға алынып, жаңа нысандар бой көтеріп үлгерді.

– Ауданда Лепсі, Басқан өзендерінде салынған 4 су электр стансысы жұмыс істеп тұр. Ал Басқан өзені бойындағы «Басқан-2», «Басқан-3» су электр стансысы іске қосылса, жалпы инвестиция көлемі 9,3 млрд. теңгеден асады. Мұның өзі, біріншіден, инвестиция, екіншіден, жаңа жұмыс орны, – дейді Сарқан аудандық кәсіпкерлік бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ахан Иманжанов.

Балқаш көліне құятын өзендердің ішінде Басқанның ағысы қатты. Бастау көзін Жетісу Алатауының құз-шатқалдарынан алатындықтан одан қуаттылығы жоғары электр энергиясын алудың мүмкіндігі мол. Осындай мүмкіндіктерді ойластыра отырып қолға алынған Екіаша ауылының іргесіндегі «Басқан-2» су электр стансысының құрылысы сапалы салынғаны бірден байқалады. Мұндағы техникалар тұтастай компьютермен басқарылады.

– Басқан өзенінен алынған су құбыр арқылы стансы ғимаратындағы турбинаға келіп, су ағыны турбинаны айналдыра бастайды. Осылайша турбина электр энергиясын өндіретін генераторды іске қосады. Өндірілген электр энергиясы арнайы блокқа орналастырылған құрылғыға жиналып, «Кегок» компаниясына жөнелтіледі. Стансы ғимаратында генератордың майын ауыстыратын май ауыстырғыш, генераторды сумен қозғалтатын труба, генераторды май және ауамен тоқтататын тежегіш құрылғысы, ток өндіретін генераторлар, суды сыртқы каналға ығыстыратын сорғыштар орналастырылған. Қысқасы, стансы құрылысы бүгінгі заманауи құрылғылармен толықтай жабдықталғаны көрініп тұр. Қазірде мұнда 27 адам жұмыспен қамтылған. Айлық табыстары отбасын асырауға толығымен жетеді, – дейді нысанның техникалық қадағалаушысы «ТехноЭкспертИнжиниринг» ЖШС басшысы Қанат Қаптағаев.

Екіаша ауылдық округінің әкімі Дәулет Дүйсенбековтың айтуынша, ауылда 3 мыңнан аса тұрғын бар. Тіршілік көзі ауыл және мал шаруашылығы саналғанымен инвесторлардың түрлі жобасының нәтижесінде қосымша жұмыс орны көптеп ашылуда. «Басқан-2» су электр стансысының құрылысы басталғалы екі қолға бір күрек таба алмай жүрген ауыл азаматтары тұрақты жұмысқа тұрып, отбасын асырап отыр. Сондай-ақ, тапсырыс беруші «Baskan Power» ЖШС өз қаражатымен ауылға су жеткізетін «Әлімбай», «Қайран» каналдарын жаңғыртып, ауылішілік жолды жөндеп берген.

Нысан қазан айында қолданысқа беріледі. Ол кезде тағы да қосымша 27 тұрақты жұмыс орны ашылады. Демек, ауылдың 50 шақты азаматы стансы арқылы нәпақа таппақ. Жұмысқа орналасатындардың бірі Екіаша ауылының тұрғыны Күнтуған Мұқашев.

– 1986 жылы Қарағандыдағы энергетика институтын «энергетика» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Ауылға келген соң мамандық бойынша жұмыс табылмай дәнекерлеуші болдым. Жасым алпысқа келгенде су электр стансысы салынып, мамандығым бойынша жұмысқа тұрмақпын. Қазіргі таңда нысан қолданысқа берілген соң тұрақты жұмысқа алынатын азаматтар өндірістік тәжірибеден өтіп жатырмыз. Арамызда бұрындары энергетика мамандығын бітіргендер мен осы мамандықты игеріп, ауылға оралған жастар да бар, – дейді ауыл тұрғыны.

«Игілікті істің ерте-кеші жоқ» дегендей, стансының құрылғыларын қытайлық мамандар құрастырғанымен жергілікті жігіттер қолданудың барлық тетігін меңгеріп алғанын байқатты. Алдағы уақытта олар жинақтаған тәжірибесін өзінен кейінгілерге үйретіп, ауылын гүлдендіру үшін еңбектенетін болады.

Сарқан ауданы

● ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Көмір қоры жеткілікті

Күз мезгілі басталысымен тұрғындар жылыту маусымына дайындық жұмысына қауырт кіріседі. Жылдағыдай қала және елді мекен тұрғындары көмірді қамдап алудың қамына көшкен. Талдықорған қаласындағы көмір сатумен айналысатын тұйықтар мен қоймаларды аралағанда осындай көріністе куә болдық.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы мамандарының айтуынша, облыс тұрғындарының жылыту маусымындағы көмірге деген қажеттілігін шешу үшін 428,5 мың тонна көмір жеткізілуі керек. Талдықорған қаласында Қаражыра көмірінің бір тоннасы 18600, Шұбаркөл көмірі 20000 теңгеден, ал теміржол қатынасы жоқ аудандарда 25000-28000 теңге көлемінде сатылуда.

– Бүгінгі таңда облыста 125 мың тонна көмір сатылса, облыс аумағындағы 30 көмір түсіретін тұйық пен 5 қоймада 30 мың тонна көмір қоры бар. Тәулігіне орта есеппен 15 вагон, яғни 1035 тонна қатты отын жеткізіліп, түсірілуде, – дейді облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сәкен Баясыл.

Көмір жеткілікті, бағасы да қалыпты, көмір алуға келгендердің қатары көп. Оның арасынан қала мен ауыл тұрғындарын да, табиғи газға қосылған және үйлеріне газ кіргізбеген тұрғындар да кездеседі. Солардың қатарында «Шайқорған» саяжайының тұрғыны Шайзада Мұсаева да бар.

– Қысқы көмірді ертерек алайық деп келіп тұрмыз. Қаражыраның көмірінен 4 тоннаға тапсырыс бердім. Бағасы 18600 теңгеден болып жатыр. Жуырда үйімізге табиғи газ кіргіздік. Қыстың көзі қырауда әртүрлі жағдай болуы мүмкін. Газ желісінен ақау шығуы мүмкін, монша қыздыру керек. Сондықтан қосымша көмір түсіріп алмақпын, – дейді ол.

Халқымызда: «Қамданған қапы қалмайды» деген нақыл бар. Тұрғындардың дені көмірді пеш жағу үшін алып жатса, енді біреулері басқа да қажеттіліктеріне жаратуға түсіріп жатқанын білдік.

Қ. ОМАРАҚЫН



● КӘСІБІ – НӘСІБІ

Алма бағы жайнаған

Алманың отаны – қазақ жері. Оның ішінде жер жаннаты Жетісу өңірі. Дүниежүзіндегі алма атаулының арғы атасы осы жерде өскенін ғалымдар дәлелдеп жүр. Бау-бақшасында жеміс-жидегі төгілген Текелі де алма ағашының мәуелі жеміс беруіне қолайлы жер.

Қалалық ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі берген мәліметке сәйкес жалпы қала аумағында он шақты шаруа қожалығы 50 гектардан астам жерге алма өсіреді. Солардың бірі – «Есболов» шаруа қожалығы. 2 гектар аумақты алып жатқан алма бағының биылғы өнімі көз қуантады.

Шаруа қожалығының агрономы Нұрлан Есенғабылов: «Алма бағындағы ағаштардың біразы биыл бірінші рет жеміс беріп жатыр. Былтыр алмаға қолайсыз жыл болғанын білесіздер. Алдыңғы жылы ерте егілген ағаштардың алмасын жинадық. Жеміс ағашының көшеттері Кеген, Көксу аудандарынан әкелінді. Тамыры топыраққа тигеннен бастап жақсы күтім көрген ағаштың өсімі де, өнімі де жақсы болады. Шаруа қожалығында алма ағаштарын күтіп-баптайтын төрт жұмысшы бар. Олар уақытылы суарып, дер кезінде тыңайтқыштар сеуіп, түрлі зиянкестерден қорғау үшін дәрілеп отырады. Қаулаған шөпті шауып, жинайды. Алма ағаштары жылына бір немесе екі рет күзеледі, яғни артық бұтақтарын кесіп алып тастау қажет. Біздің баққа су канал арқылы келіп тұр. Суарудан қиындық көрмейміз. Ал алма сұрыптарына келер болсақ, алматылық жазғы апорт, қыстық пеструшка, айдарлет және кандиль деген сұрыптағы алмаларды өсіріп жатырмыз. Өнімді қолмен жинаймыз. 8 тоннаға лайықталған алма сақтайтын қойма бар. Жергілікті алмаларға сұраныс жоғары. Өйткені, жеміс ұзақ уақыт сақталуы және әдемі көрінуі үшін консервант, парафин немесе балауызбен өңдемейміз», – деп алма бағын баптау барысын баяндады.

Дәрменге толы, қысы-жазы сұранысқа ие алманы өсірудің көзін тауып, алма бағының бабын келістірген шаруа табысқа кенелері анық.

Жұлдыз ОРАЗАЛИНА,
Текелі қаласы әкімінің баспасөз хатшысы



● ТІРШІЛІК НӘРІ

6,4 млрд. текшеметр су берілді

Суару маусымы басталғалы еліміздің шаруаларына шамамен 6,4 млрд. текшеметр су берілді.

Жедел ақпаратқа сәйкес ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК филиалдары суару маусымында еліміздің шаруаларына 6,37 млрд. текшеметр су берді. Бүгінгі таңда дикандармен суармалы су беру жөнінде 24 мыңға жуық келісімшарт жасалды.

Атап айтқанда, Жетісу облысының дикандарына 832,4 млрд. текшеметр, Түркістан облысының сушыларына шамамен 1,46 млрд. текшеметр, ал Қызылорда облысының шаруаларына 2,86 млрд. текшеметрден аса су берілді. Жамбыл облысы бойынша «Қазсушар» филиалы жергілікті шаруаларды 390 млн. текшеметр сумен қамтамасыз етсе, «Үлкен Алматы каналы» филиалы дикандарға 349 млн. текшеметр су берді. Қ. Сәтпаев атындағы каналдан 316 млн. текшеметр су жіберілді. Барлық облыста суару кезеңі штаттық кестеге сай жүріп жатыр. Аймақтарда су тапшылығы байқалмайды.

Айта кетейік, осыған дейін ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Өзбекстанмен жарты жыл ішінде Қазақстанға Сырдария өзені арқылы 3,7 млрд. текшеметр су жіберу туралы мәмілеге келген болатын. Суару кезеңінің соңына дейін өзбек тарапы тағы 500 млн. текшеметр су жібермек. Ал, Шу-Талас су шаруашылығы комиссиясының 33-ші отырысында Қазақстанға Қырғызстаннан Шу өзені арқылы 180 млн. текшеметр және Талас өзенімен 380 млн. текшеметр су жіберу туралы келісім жасалған болатын.

А. ЫБЫРАЙ

● БӘРЕКЕЛДІ!

Жаннат мекен Жетісу жерінде орын алып жатқан жайдарман жаңалықтардың қатарында Қоғалы ауылында ашылған Мәдениет үйі де бар. Киелі Күреңбел өңіріне қарасты аталмыш елді мекендегі рухани ошақ күрделі жөндеу жұмысынан кейін қайта ажарланып, заман талабына сай қалыпқа келтіріліп, жаңарып-жаңғырып жұртшылық игілігіне берілді. Конституция күніне орай тұрғындар көптен күткен жақсылыққа көзайым болып, мерекелік шараны тамашалады.



МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Мемлекеттік мерекеге тұспа-тұс келген мерейлі сәтте Кербұлақ ауданының әкімі Қанат Есболатов сөз алды.

– Мәдениет – ұлттың мәйегі, рухани қайнар көзі ғана емес, негізгі саланың бірі. Біз бұл саланы жаңғырту арқылы елдің рухын, өткені мен бүгінін жаңғыртамыз, ұлы мұраларды қалыптап, тың дүниелерді ұрпаққа мирас етеміз. Біздің жас өрендер сапалы білім, саналы тәрбие алып қана қоймай, мәдени, әдеби тұрғыда да таным көкжиегін кеңейтуі тиіс. Кешегі бабалардай тарихта атын, соңында ізін қалдыруы керек. Ол үшін де мәдени қолдау ауадай қажет. Ал көптен бері тұрақтап, бүгін күрделі жөндеуден кейін әсем келбетімен өздеріңізге есігін айқара ашқалы тұрған Мәдениет үйінің қуанышы баршамыздың игілігіміз деп білемін, – деген аудан әкімі көпшілікті Конституция күнімен құттықтады.

Өңір басшысының лебізінен кейін аудандық мәслихат төрағасы Қайрат Бекеев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бөкен Рысбеков, мәдениет саласының ардагері Людмила Пинчина сөз алып, ыстық ықыластарын білдірді. Рухани, мәдени тұрғыда үзік-үзік толғамдарын жеткізіп, соңыра мәдениет үйінің лентасын салтанатты түрде қиды.

Өз кезегінде көпшілік жаңғырған Мәдениет үйіне еніп, Ата Заң мерекесі аясында өткен концертті тамашалады.

– Бүгін біз үшін ерекше күн. Мәдениет үйі ел игілігіне берілді. Осынау рухани орда ішінде кітапхана желісі жұмыс жасайды. Мен кітапхана меңгерушісімін. Біздің кітапханада 39 мың кітап қоры бар. Жаңа ашылған Мәдениет үйінде, соның ішінде көптеген игі шаралар өтетін болады, сол үшін қуаныштымын, – дейді 35 жылға жуық кітапхана тізгінін ұстап келе жатқан Райхан Байтаева. Ал, бұл орайда Қоғалы ауылының тұрғыны Кенжегүл Нұрсұлтанова:

– Бүгін менің өмірімнің бақытты күндерінің бірі. Қоғалы ауылында қуанышты оқиға болды. Бұл елді мекенде жөндеуден кейін Мәдениет үйінің салтанатты ашылуы өтті. Заманауи архитектуралық әрлеу ауылдың келбетіне сәйкес келеді. Осы мәдениет мекемесін пайдалануға бергені үшін облыс, аудан, ауыл әкіміне, құрылысшыларға шексіз алғысымды білдіремін, – деп алғыс арнасын облыс, аудан басшылығына білдірді.

Ескеретін бір дүние, аудан әкімі Қанат Болатұлының айтуынша Мәдениет үйінің құрылысы 2020 жылы басталғанымен шегіне жетпей жұмыс тоқтаған. Бастапқы мердігермен келісімшарт үзілген. Биыл осы Мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмысы бойынша «ЖетісуКазСтройСервис» ЖШС-мен 62 миллион 125 мың теңгеге келісімшарт жасалып, Мәдениет үйі заманға сай жаңғырып отыр.

Кербұлақ ауданы

10 қыркүйек,
сейсенбі,
2024 жыл
№104 (19387)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisu

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● ЖАЙДАРМАН

ӘСКЕРИ КОМИССАРИАТ АШЫЛДЫ

Қаратал ауданында әскери комиссариаттың жаңа форматты жасақталған ғимараты ашылды. Заманауи үлгіде жасалған еліміздегі алғашқы нысанның ашылуына ҚР Қорғаныс министрлігінің аппарат басшысы, полковник Ербол Құмарбекұлы қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ



Ербол Құмарбекұлы Мемлекет басшысының қорғаныс саласына ерекше назар аударып отырғанын айтып, елімізде атқарылып жатқан саланы дамыту мен қолдау шараларын баяндады.

– Жаңа үлгідегі әскери нысан Жетісу облысында тұңғыш ашылып отыр. Отан алдындағы борышын өтеуге баратын жастардың әскери өмірмен алғашқы таныстығы осы жерден басталады. Сондықтан нысанның осындай заманауи болғаны дұрыс. Бұл ретте бізге қолдау көрсеткен облыс әкімдігіне ризашылығымызды білдіреміз, – деді ол. Сонымен бірге аудан әкімі Ұлан Досымбековке Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына арналған медальді табыстады.

Қаратал аудандық қорғаныс істері бөлімінің тарихы 1932 жылдан бастау алады. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім осы уақытқа дейін Бастөбе ауылдық округінде отырған еді. Жуырда оны Үштөбе қаласындағы басқа ғимаратқа көшіру туралы шешім қабылданып, 2023 жылдың қазан айында бұрын қазынашылық басқармасы болған ғимаратқа жергілікті бюджет есебінен 395 млн. теңге бөлініп, күрделі жөндеуден өткізді.

Нысанның бірінші қабатында әскерге шақыру пункті, медициналық комиссияның тексеру кабинеттері орналасқан. Сондай-ақ, әскерге шақырылушыларға арналған казармалық типтегі жатын орын мен тамақтану бөлмесі бар. Екінші қабатта әкімшілік бөлімі отырады. Яғни, әскери басқарманың жергілікті органы мен шақыру пункті бір жерге топтастырылған. Әдетте олар бөлек жерге орналасатын.

Әскер қатарына жаңадан шақырылған жастардың бірі Досымхан Досымжан: «Отан – қасиетті де қастерлі ұғым. Оны сақтау, қорғау біздің азаматтық парызымыз. Мен Қаратал ауданының тұрғынымын. Жаңадан ашылған ғимараттан әскерге аттанғалы отырмын. Мен және менің қатарлас достарым елімізге адал қызмет етеміз», – деді.

Мұндай игі іске тұрғындар да дән риза. «Күзгі әскерге шақыру науқаны басталды. Облыс жастары енді жаңа нысаннан Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Бұл солдаттарға жасалған керемет жағдай», – дейді қала тұрғыны Жарбол Ертайұлы.

Қаратал ауданы

● БРИФИНГ

«ЖЕРҰЙЫҚ» бағдарламасы таныстырылды

«Жетісу Медиа» ақпараттық орталығында өткен «Тұрғын үймен қамтамасыз етудегі жаңа бағдарламаны жүзеге асыру» атты брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Сәкен Баясыл мен «Отбасы банк» АҚ облыстық филиалының бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Мұрат Баймырзаұлы ауылдық жерлерге арналған «Жерұйық» тұрғын үй бағдарламасын таныстырды.

Сәкен Серікұлының айтуынша, бүгінде облыста 30948 адам үй кезегінде тұр. Оның қатарында мүгедектер мен соғыс ардагерлері, халықтың әлеуметтік осал топтары, мемлекеттік қызметкерлер, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар бар. Биыл барлық бағыт бойынша 3487 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып, қазіргі таңда 1068 азамат баспаналы болды. Сондай-ақ, облыстық бюджеттен тұрғын үй бағдарламасына қатысушылар үшін 443 млн. теңге қарастырылып, 257 азаматқа 250 млн. теңгеге тұрғын үй сертификаты табысталған.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында «Отбасы банк» АҚ жалдау төлемдерін субсидиялауға өтінімдерді қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Осыған орай жергілікті бюджеттен 100,0 млн. теңге қарастырылып, 167 азамат «Отбасы банк» АҚ-мен келісімшарт жасады. «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында тамыз айында Талдықорған қаласы 9-шы шағын ауданында орналасқан 308 пәтер «Отбасы банк» АҚ арқылы сатылымға шығарылды. Аталған бағдарламаға 562 азамат өтініш қалдырып, оның 181-і қабылданыпты. «Жетісу жастары» бағдарламасы аясында 126 азамат өтініш білдіріп, 249 млн. теңгеге 25 жас отбасы үйлі болды, – деді ол.

Ауыл мамандарын қолдауға арналған «Жерұйық» өңірлік тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында биыл облыстық бюджеттен 1,0 млрд. теңге қарастырылды. Жаңа бағдарлама жайлы Мұрат Баймырзаұлы түсіндіріп өтті.

Оның айтуынша, аталған бағдарламаға аудандық, ауылдық округ тұрғындары, ауыл шаруашылығы, білім, медицина саласының мамандары және де мемлекеттік қызметкерлер қатыса алады. Бағдарлама облыс бойынша 66 отбасының тұрғын үйге мұқтаждығын шешеді. Яғни, бағдарлама аясында Ақсу ауданында 7, Алакөл ауданында 8, Ескелді ауданында 7, Қаратал ауданында 7, Кербұлақ ауданында 6, Көксу ауданында 8, Панфилов ауданында 9, Сарқан ауданында 7, Текелі қаласында 7 адамға пәтер берілмек.

– Құжаттар аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мекемелерінде қабылданады. Өтініштерді қыргүйектің 10-нан кейін тапсыра беруге болады, – дейді ол.

Әрине, жайлы баспана әркімнің арманы. Ал аудан, ауылдарда тұратын азаматтардың арманын орындау аясында қолға алынған жаңа бағдарламаның баянды болары анық.

Қ. ОМАРАҚЫН

● ОТАНДЫҚ ӨНІМ

САПАЛЫ ҚҰБЫР ӨНДІРЕДІ

Облыстағы елді мекендерді газдандыру жұмысының қарқын алуы, тұрғын үйлердің көптеп салынуы, су желілерін жаңғыртудың сұранысына байланысты құрылыс материалдарын өндіретін өндірістер де көбеюде. Әрине, тұтынушылар үшін сапалы және бағасы қалта көтеретін материалдарды алыс шетелден тасымалдағанша, іргедегі зауыттардан тапсырыс арқылы сатып алған тиімді.

Қажет АНДАС



Талдықорған қаласында жалпы 106 млн. теңге инвестиция тартылған, айына 140 тонна газ, су, электр желілеріне қолданылатын құбыр өндіретін «Полиммер Ріре» ЖШС маусым айынан бері жұмыс істеп келеді. Кәсіпорын жетекшілері Қытайда өндірілген, компьютермен толық жабдықталған бірегей станоктарды сатып алып, өздері құрастырып шығыпты.

– Құбыр шығаратын зауыт құру жоспары 2011 жылдан басталды. Мақсатымызды орындау үшін 2020 жылдан бері қарқынды түрде жұмысқа кірістік. Қазір мұнда су, газ, электр желілеріне қажетті диаметрі 15 мм.-ден 160 мм.-ге дейінгі, ұзындығы тапсырыс берушінің өлшемі бойынша дайындалатын құбырлар шығарылады. Маусым айында керекті құжаттарын толық реттеп, іске кірістік. Жаңадан ашылып жатқан соң тапсырыстар көп емес. Біз өндірілетін құбырлар базарда сатылмайды, оның үстіне сапасы халықаралық талаптарға сай. Алдағы уақытта пластмассадан құбыр өндіруге қажетті шикізаттар шығаратын зауыт ашсақ деген де ой бар. Ол кезде өнімнің бағасы арзандап, сұраныстың артатынына сенімдіміз, – дейді «Полиммер Ріре» ЖШС құрылтайшысы Нұрдәулет Аққөз.

Зауыттағы құрылғыларды Нұрдәулет Есенұлы өзі құрастырып шығыпты. Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетін «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша бітірген азамат осы жобаға келгенше мемлекеттік қызмет атқарып, жеке кәсіпкерлікпен, мал шаруашылығы, жер өңдеумен де айналысып тәжірибе жинапты. Қазір болашақ мақсатына жету үшін бар ынтасымен нарықтағы жағдайды қадағалап жүр.

– Құбыр өндіретін шикізаттарды Иран, Қытай, Ресей елінен әкелеміз. Әр елдегі ақша бағамының өрлеуі мен төмендеуі сол елдегі шикізат бағасына әсер етеді. Соған орай нарықты зерделеп, өзімізге тиімді бағадағы шикізаттың сатып аламыз, дейді жас кәсіпкер.

Аумағы 600 шаршы метрді құрайтын зауытта 4 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Олардың бәрі жергілікті азаматтар. Құрылғыларды қолданудың барлық тетігін меңгеріп алғанын байқатты.

– Құбыр өндіруге жоғары, орта, төмен қысымды полиэтилен қолданылады. Көбінде су және газ желісін тартуға қолданылатын төмен қысымды полиэтилен шикізатын пайдаланамыз. Жұмыс барысы бірнеше бөлімге бөлінеді. Әрбір құрылғының өз қызметі бар. Бірі шикізатты сорғыш арқылы станокқа жеткізсе, екіншісі балқытады, суытады, үшіншісі құбыр шетіне жасыл, сары, көк сызықтарды өрнектейді, ары қарай зауыттың атауы, өндірілген уақыты және қосымша ақпараттарды лазер арқылы құбыр бетіне таңбаланады. Жалпы, станок қосылып, толық қызғанша 4 сағат күту керек. Содан кейін 1-2 ай тоқтаусыз жұмыс істей беруге болады, – дейді зауыт жұмысшысы Вячеслав Козырев.

Зауыт жаңадан іске қосылғандықтан тапсырыстың көлеміне байланысты жұмысшыларға ауысымына 8-10 мың теңге ақы төленеді. Орташа есеппен айтқанда бір адам айына 200-250 мың теңге шамасында жалақы алады. Зауыт басшылығы жұмыс ауқымы ұлғайып, тапсырыс көбейгенде тұрақты жалақы төлеуді ойластыруда.

Жақсы оймен басталып, қаз-қаз басып келе жатқан отандық өндірістің болашағы жарқын болары анық. Өйткені жұрт бүгінде сапалы өнім іздейтін болды. «Полиммер Ріре» ЖШС тұтынушылардың талабына сай өндірісті жүргізіп отырғандықтан құбырларға тапсырыс берушілердің қатары көбейе түсіпті.

● КӨКЕЙКЕСТІ ТАҚЫРЫП

Ауыл көшелері ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту – мемлекеттің басым саясатының бірі. Елдің жайы қайтсе түзелмек? Әрине, қолжетімді медициналық қызмет, сапалы білім беру, азық-түлік бағасының тұрақтылығы сынды әлеуметтік дүниелерді тізбектей беруге болады. Сонымен қатар, қолайлы орта да адамның сапалы өмір сүруінде маңызды рөлге ие. Қазір Жетісу өңірінде ауыл халқының тұрмыс сапасын жақсарту бағытында ауыз толтырып айтар тірлік бар. Қазақтың қара шаңырағындағы ағайынның қаладан кем өмір сүрмесі үшін білек сыбанып атқарар шаруалар еңсерілуде. Айтқан сөзге мысал болсын, Көксу ауданы, Мұқыры ауылында жуық арада асфальтсыз көше қалмайды. Жаңсақ естіген жоқсыз.

Дастанбек САДЫҚ



Ауыл десе талайдың көзіне шаңы бұрқыраған көше, сол көшеде шыбықты ат қылып мініп қиқулаған бала елестейтін бұрын. Қазір самокат пен ролик тепкен бала жүреді мұнда. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Қуаныш Жұматтың айтуынша, мердігер жөндеу жұмыстарын уақытынан бұрын аяқтамақ.

Жалпы, Мұқыры ауылында биыл 5 көше орташа жөндеуден өтуде. Сол көшелерді асфальттауға бюджет қоржынынан 96 млн. теңгеге жуық қаржы қаралған. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында жүзеге асып жатқан жұмыстарды «Талдықорған – Сервис» ЖШС жүзеге асыруда. Серіктестіктің Мұқырыдағы көшелерді жаңғыртуға 12 техникасы мен 14 жұмысшысы жұмылдырылған. Қазір ауылдағы 4 көшені орташа жөндеу аяқталып, бірер күнде Жамбыл Жабаев көшесінде де асфальттау жұмысы аяқталмақ.

– Кеңес үкіметі тұсында салынған жол жарамсыз күйде еді. Көлікпен жүру былай тұрсын, жаяу жүргінші көшедегі шұңқырларға сүрініп жүретін. Қазір біз тұратын Жамбыл Жабаев көшесі жаңғырып жатыр. Жергілікті биліктің бұл қамқорлығына қалай риза болмассың, – дейді ауыл тұрғыны Жасұлан Әбдірайымов.

Биыл Көксу ауданында жол жөндеу жұмыстары қарқынды. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Қуаныш Жұматтың сөзіне сенсек, биыл жалпы ұзындығы 20 шақырым болатын 47 көшені қайта жаңғырту жоспарланған. Ол үшін бюджеттен 700 млн. теңгеге жуық қаржы қаралыпты. Қазіргі уақытта 35 көше толықтай жөндеуден өткен. Қалғаны мерзімді уақытында аяқталады деп күтілуде.

Мұқыры ауылы
Көксу ауданы



● ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің саяси ахуалы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, оның қарқынды даму жолдары және алда атқарылатын жұмыстары туралы айтылды.

ИГІЛІККЕ БАСТАР ЖОЛ

Тап қазір жер жүзінде геосаяси текетірестер белең алып тұр. Соған қарамастан Қазақстан бейбіт әрі эволюциялық жолмен дамып келеді. Бұл тенденция әрі қарай да сақталуы тиіс. Ол үшін еліміздің, әр өңірдің экономикасын тұрақты түрде дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруымыз керек.

Ел Президенті Үкімет бюджет тапшылығының орнын толтыратын қаржы көзін табу үшін тиімді компенсациялық тәсілдер ойластыру қажеттігін айтты. Қордың қаражатын ең алдымен мемлекет мүддесі үшін, еліміздің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін пайдалану қажет. Салық режімдерін кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайдың нашарлап кетпеуін ескере отырып, оңтайландырған жөн. Тұтынушыларға арналған қызметтер мен сауда-саттықтың мүмкіндіктері толық пайдаланылса экономиканы дамыту, салық түсімдерін арттыру және халықты жұмыспен қамту шаралары тезірек нәтиже береді. Агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту – өте маңызды міндет. Биыл егіс науқанына екі есе көп қаражат бөлінді. Диқандарға өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау шараларын қолға алу керектігі айтылды. Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – маңызды болмақ. Бұл мәселе реттелген жағдайда бөлінген қаражат бюджетке еселеп қайтатыны сөзсіз. Банктерге қатысты осындай тәжірибені қолдану керектігі ұсынылды. Осы кезге дейін банктерге мемлекет тарапынан үнемі қолдау жасалып келді. Ендігі жерде олар да ел экономикасына тиімді инвестициялар салатын уақыт келді.

Қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет екені айқын. Басқа да көршілес елдердің мамандарымен осы ауқымды жобаның нақты дерегі жан-жақты зерттеліп, бізге атом энергетикасын дамытуға баса мән беруіміз керек екені айтылды.

Автокөлік жолдарының жай-күйі – өзекті мәселе екені белгілі. Биыл елімізде 12 мың шақырымға жуық жол салынып, жөнделіп жатыр. Қазақстанда мұндай ауқымды жұмыс бұрын-соңды болмаған. Көктемдегі алапат тасқын бүкіл еліміз үшін үлкен сынақ болды. Сол қиын күндерде біз ынтымағы жарасқан ел екенімізді көрсеттік. Қазіргі заманда біз кез келген қатерге дайын болуымыз керек екені де Жолдау барысында қамтылды. Сондықтан қарғын суды жинап, диқандардың қажетіне жарату үшін оны дұрыс сақтай білген жөн. Суды барынша үнемдеу жұмысын ұйымдастыру да маңызды. Бұл, ең алдымен, ауылшаруашылығына қатысты мәселе, яғни су үнемдеу технологиясын әсіресе ауылшаруашылығында кеңінен қолдану қажеттігі назарға алынды.

Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті мәселе. Ең алдымен су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда қатты байқалып отырған кадр тапшылығын жою Президент Жолдауында аталып өтті. Мемлекет басшысы келесі жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп белгіледі. Өте орынды және уақытылы көтеріліп отырған мәселе деп есептейміз. Соған орай елде жұмысшы мамандықтарының оң имиджін қалыптастыруымыз қажет.

Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс екенін Мемлекет басшысы әрдайым айтып келеді. Болашақта бұл қалыпты жағдайға айналады. Атом электр стансысы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек, атом электр стансысын салу мәселесіне қатысты Жалпыұлттық референдум биылғы жылдың 6 қазанында өтетіні нақтыланды. Сондықтан алдағы өтетін референдумға ел болып бірауыздан қолдау білдірейік.

Мирас СЕРІКҰЛЫ,
«Amanat» партиясы Ескелді аудандық филиалының төрағасы

● СЕССИЯ

ДАМУ КӨРСЕТКІШІМЕН КӨШ БАСТАДЫҚ

Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту. Баршаға бірдей мүмкіндік. Халықтың әл-ауқатын арттыру. Мемлекетіміздің басым саясаты бұл. Ата заңымызда көрсетілгендей, еліміздің басты байлығы – адам һәм оның денсаулығы. Ал оның жайлы және қолайлы өмір сүруі үшін биліктің қай сатысы да жұмысты жүйелеуі керек. Әрине, Жетісу өңірінде тұрғындардың сапалы өмір сүруіне жағдай жасалуда және әлі де жасала түспек. Бұл ретте облыс бюджетінің 58 пайызы осы мақсатқа бағдарланған. Халықты сапалы медициналық қызметтермен қамтамасыз ету, әлеуметтік нысандарды халық қажеттілігіне орай салу, жол, таза ауызсу, көгілдір отын жеткізу бағытында ауыз толтырып айтар толайым тірлік бар. Оның айғағы – Жетісу өңірі республика көлемінде қысқа мерзімді экономикалық индикатор бойынша бірінші орында. Көрсеткіш – 112,4 пайыз. Дәл осындай ақжолтай хабарды облыстық мәслихаттың XX сессиясында халық қалаулылары алдында 8 айдың қорытындысын баяндаған облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ сүйіншіледі.

Дастанбек САДЫҚ

Мәслихаттың кезекті сессиясының шымылдығын Жетісу облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Рауан Дауталинов түрді. Құзырлы басқарма Жетісу облысының 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті туралы баян етті. Мұнан кейін облыс әкімі ел мен билік арасындағы алтын көпірге айналған депутаттарға облыста жыл басынан бері атқарылған жұмыстарды баян етті. Аймақ басшысының айтуынша, тап қазіргідей үдерісті жұмыс бұрын-соңды болмаған. Жыл басынан бері депутаттар тарапынан 40-тан астам сауал жолданған. Оның 20-сы бюджетке өзгерістер енгізуге себепкер болған. Облыс әкімі әрбір халық қалаулысының өңір дамуына тер төгіп, билік пен халық арасын жақындата түсуге еңбек етіп жүргенін айтып, ілтипатын да білдірді.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев өңір дамуында дала еңбеккерлерінің еңбегі де орасан екенін тілге тиек етті. Мәселен, былтыр жетісулық диқандар 300 мың гектардан сәл асатын алқаптан 1 млн. тоннаға жуық дәнді дақыл жинады. Ал негізгі шаруашылығын масақты – дәнді дақыл егуге бағыттаған өңірлер 1 млн. гектардан асатын алқаптардан Жетісу өңірінің еңбеккерлеріндей астық жиыпты. 3 есе кіші алқаппен осынша мол өнім алу – үлкен логика мен математикалық есептеуді қажет етпейді. Бастысы еселі еңбек ескерілуде. Сонымен қатар Жетісу өңірі ауыл шаруашылық өнімдерді өңдеу бойынша да алға шыққан. Диқан жиған дақылды дайын өнімге айналдыруда Ақсу қант зауытының да өз рөлі бар. Өндіріс орнының қуатын еселеу үшін биыл жергілікті бюджеттен 3,3 млрд. теңге бөлінген. Бұл қаржыға зауыттың негізгі жабдығы жөнделуде. Айтпақшы, талайдан тұралаған «Агрокомплекс Жетісу Мажико» кәсіпорны да іске қосылды. Енді тек жетісулықтар емес, өзге өңірдің тұрғындары өңірде өскен күнбағыстың майын тұтынады.

– Өңірімізде қай салада да ілгерілеу бар. Оны қысқа мерзімді экономикалық индикатордан анық көріп отырмыз. Дейтұрғанмен, Мемлекет басшысының тапсырмасы – халықтың тұрмыс сапасын жақсарту. Сонымен қатар ел Президенті қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жұмыс істеуді тапсырды. Мәселен, бірер жылда өңірдегі республикалық маңызды жолдардың жыры тамамдалады. Биыл «Жаркент-Қорғас» автожолы пайдалануға беріледі. Қорғастан Сарыөзекке дейінгі қалған жол учаскелері келер жылы аяқталады. Кербұлақ ауданында орналасқан «Alacem» зауыты келер жылы техникалық жол салмақ. Енді зауыттың ауыр техникалары салынған жолды бүлдірмейді. Балқаш көліне баратын жол да аяқталар күн жақын. Бұл жолды келер жылы туристік маусымға дейін аяқтап, көл жағалауында тынығу алаңдарын саламыз, – деді аймақ басшысы.

Бейбіт Өксікбайұлы тұрғындардың баспана қажеттілігі де алдағы бес жылда шешілетінін алға тартты. Биыл кезекте тұрғандардың саны 14 пайызға қысқарады. Бұл үшін 8 айда 150,2 мың шаршы метр баспана пайдалануға берілген. Халықтың осал топтары үшін жалға берілетін 866 пәтер сатып алу үшін бюджеттен 13,4 млрд. қаржы қаралған. «Самұрық-Қазына» АҚ демеушілері есебінен 560 пәтерлі 9 көпқабатты үй салынуда. Нәтижесінде жыл соңына дейін 4117 пәтер беріледі.

– Өңірде медицина қызметінің қолжетімділігін қамтамасыз етудеміз. Жайлы мектеп, спорт және мәдени нысандарды да салып жатырмыз. Облыста ауыз сумен қамту деңгейі 91,3 пайыз болса, 2025 жылға қарай өңір тұрғындарының халқы 99,9 пайыз таза суға қол жеткізеді. Көгілдір отынға қолжетімділікті арттырудамыз. Мәселен, қазіргі уақытта 337,9 мың тұрғын газға қол жеткізді. Биыл тағы 24 елді мекен табиғи газға қосылады. Келер жылы 63 елді мекен көгілдір отынды тұтынбақ. Сонымен қатар, «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы басталды. Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарындағы 66 елді мекенге желі тарту жобасын қолға аламыз. Осындай ауқымды жұмыстар нәтижесінде 2029 жылға қарай халықтың 91,9 пайызы көгілдір отынды тұтынады, – деді облыс әкімі.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішін халық қалаулылары жоғары бағалады. Облыс әкіміне елді толғандырған мәселелерді де сауалдады. Уақыты келмесе де тозған мектеп, тұрғындарды сарсаңға салған өндіріс орындары, Балқаш маңындағы келер жылы салынатын тынығу орындарында мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасау мәселелері көтерілді. Облыс әкімі мәслихат депутаттарымен мәселелердің тінін бірлесіп тарқатуға шақырды.

● ЕГІНЖАЙ КҮНІ

«Кең дала» шаруа қожалығының қызылша алқабында «Alem agro», «KWS» компаниялары-ның ұйымдастыруымен қант қызылшасы өнімін молайтудың тиімді жолы, заманауи техникаларды қолдану, тұқым мен тыңайтқыш түрлері және тамшылатып суару технологиясын пайдаланудың маңыздылығы жөнінде республикалық семинар өтті.



Заманауи технологияның тиімділігі

Қажет АНДАС

Жалпы, Жетісу өңірінде қант қызылшасын өсірудің бай тәжірибесі және ұзақ жылдық тарихы бар. Ақсу, Көксу, Қаратал өзендерінің бойына алғаш қант қызылшасының тұқымы себілгеннен бері бір ғасырға жуық уақыт болды. Осы жылдары елге сыйлы, жұртқа өнегелі көптеген қызылшашының шыққанын ел біледі. Оларды жиі еске алып, тағзым етеміз. Сол үрдіс ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, Жетісу өңірін еліміздегі қант қызылшасының отанына айналдырды. Биыл облыста 12 мың гектардан астам алқапқа қант қызылшасы егілді. Бұл деңгейге жету облыстық әкімдік тарапынан қызылшашыларға көрсетілген көмек пен қолдаудың нәтижесі деуге болады.

– Жетісулықтардың қант қызылшасымен айналысқанына ғасырға жуық уақыт болса да күтімді көбірек талап ететін дақылды өсіру бұрындары қол күшіне сүйенетін. Техниканың жетіспеушілігіне байланысты бұрынғы жылдары шаруашылықтар 8 мың гектардан астам алқапқа қызылша егетін. Осы жағдайды ескерген облыстық әкімдік қант қызылшасының өнімділігін арттыру мақсатында жер жыртатын, тұқым себетін, алқапты баптауға қолданылатын, жинауға арналған техниканың сан түрін жеңілдетілген несиемен шаруашылықтарға жеткізді. Соның нәтижесінде шаруалар заманауи техниканың күшімен егістік жұмыстарын толық игеруге мүмкіндік алды, – дейді ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Әбілқайыр Бексұлтанов.

Биылғы жыл жауынды болды. Бұл қызылшаның өнімділігін арттыруға көмектескенімен арам шөптердің қаулап өсуіне де күш береді. Мамандардың айтуынша, біздің өңірде қурай шөптердің біржылдық, көпжылдық 40-тан астам түрі өседі. Бұрындары қолданып келген классикалық гербицидтер осы шөптердің 90 пайызын тұншықтырғанмен шырмауық, сары шырмауық, қамыс тұқымдас шөптерге қуаты жетпей, оны жою үшін шаруалар қосымша қол күшіне сүйенетін. Осы келеңсіздікті болдырмау үшін былтырдан бері облыстық ауылшаруашылығы басқармасы тарапынан немістер ойлап тапқан «Smart kambyza» бағдарламасын енгізуге жұмыс істеліпті. Осыған орай конференция-семинар өтіп, шаруаларға түсіндірілген.

Осы тұста «Alem agro» компаниясының жетістігін ерекше атап кетуге тура келеді. Аталған компанияның тынымсыз еңбегінің нәтижесінде қант қызылшасын өсіретін шаруашылықтар жоғары сапалы тұқымдарға қол жеткізіп, өсімдіктерді қорғауды, сондай-ақ макро-микро тыңайтқыштарды пайдаланудың заманауи жолдарын үйренді. Өсімдіктерді қорғаудан бастап, өсімдіктерді қоректендіруге дейінгі кеңестерін пайдалана отырып, жоғары өнімділікке қол жеткізуге мүмкіндік алды. Шара аясында компания өкілдері де соңғы жетістіктерін сөз етіп, алдағы жоспарларын таныстырды.

– «Alem agro» компаниясын жақсы білесіздер десем артық айтқандық емес. Ауылшаруашылығы саласында қызмет етіп жатқанымызға 20 жылдан асты. Компанияға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінде 240-тан астам адам жұмыс істейді. Ал еліміздің әр облысында өзінің өкілдігі бар. Олар 3200-ден астам шаруа қожалықтарымен бірлесе ауылшаруашылығын өркендетуге күш салуда. Еліміздің әр өңірінде 30-дан астам филиалы болса, Алматы, Талдықорған қаласында компанияның 30-дан астам қоймасы шаруалардың қажеттілігін қамтамасыз етуге дайын. Біздің ұстанымымыз – дұрыс сервис, білімді команда, шаруашылықтарға тұқымды еккеннен бастап, алынған өнімді сатуға дейін көмектесу. Өйткені, Солтүстік, Орталық Қазақстан және Қостанай облыстарында бірнеше элеваторымыз бар. Осы арқылы жиналған өнімді сақтап, сатуға көмектесе аламыз. Биылғы басты жаңалығымыз – осыған дейін тыңайтқыштарды сатумен айналысақ, биыл «Baidala» компаниясымен ынтымақтаса отырып, минералды тыңайтқыштар ұсынуға көштік. Қант қызылшасын өсіретін шаруашылықтарды қаржыландыру мәселесін де қарастырудамыз, – дейді «Alem agro» компаниясы оңтүстік дирекциясының директоры Думан Жүнісқан.

Келесі кезекте еліміздегі және шетелдегі қант қызылшасы бағытында жаңа технологиялар өндіретін, тұқым, тыңайтқыштың жаңа сорттарын жетілдіретін, суару құрылғыларын құрастыратын, қаржыландырумен айналысатын «Baidala», «BKH AGRO», «METZER», «DAGROC», тағы да басқа кәсіпорындардың мамандары тәжірибесімен бөлісіп, «KWS» компаниясының өкілдері егіс алқабындағы жаңалықтарын таныстырды. Семинарда қант қызылшасын өсірумен айналысатын көрші облыстар мен аудан, қаладан келген жетісулық шаруа қожалықтарының жетекшілері және ауылшаруашылығына жауапты мамандар, ардагер қызылшашылар емен-жарқын жүздесіп, ой-пікір алмасты.

– Биыл «Alem agro», «KWS» компанияларымен бірлесе отырып, осымен үшінші рет қант қызылшасын өсіруге байланысты семинар ұйымдастырдық. Бәрімізді бір ғана қант қызылшасының өнімділігін жоғарылатып, сапасын жақсарту мақсаты біріктіреді. Шаруашылығымыздың қант қызылшасы алқабы көктемде суарылып егілді. Күтіп-баптау жұмысы заманауи технологияның күшімен атқарылды. Оның нәтижесін өздеріңіз көріп тұрсыздар. Осындай алқаптарда жиі-жиі болып, ортақ мәселені талқылап тұрған жөн. Ол алдағы істерімізге береке береді, – дейді «Кең дала» шаруа қожалығының жетекшісі Қалибек Алпысбаев.

Бүгінде облыста қант қызылшасын молынан егетін шаруа қожалықтарының саны артып келеді. Соның бірі Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылындағы «Әбілқасымов» шаруа қожалығы. Бүгінгі семинарға шаруашылықтың негізін қалаған Балтабек Әбілқасымов пен қожалықтың шаруашылық жұмысын үйлестіріп жүрген ұлы Нұрлан Әбілқасымов та келіпті.

– Алғаш 40 гектар жерге қант қызылшасын сеуіп бастап едік. Биыл егіс көлемін 400 гектарға жеткіздік. Өткен жылы гектарынан 70 тоннадан өнім алдық. Биыл мұнан көп болатынына сенімдіміз. Қазіргі таңда облыс әкімдігі тарапынан қант қызылшасын өсірушілерге көп қолдау көрсетілуде. Былтыр қант қызылшасынан мол өнім алып жүрген шаруашылықтарға сыйға берілген екі қызылша қазатын комбайнның біреуі бізге тиді. Оның өзі үлкен қолдау болды. Қант қызылшасына қатысты семинар, оқу-жаттығу жиындарына жиі қатысып тұрамыз. Ол жерден мол тәжірибе жинап қайтамыз. Келесі жылы егіс алқабын тағы да көбейтуді жоспарлап отырмыз, – дейді «Әбілқасымов» шаруа қожалығының өкілі Нұрлан Әбілқасымов.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Суды барынша үнемдеу жұмысын ұйымдастыру керек. Бұл – ең алдымен, ауылшаруашылығына қатысты мәселе, яғни су үнемдеу технологиясын, әсіресе, ауылшаруашылығында кеңінен қолдану қажет», – деп атап өткен болатын. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы шаруаларға бағытталған заманауи ауылшаруашылық технологияларын үйретін орталықтар ашу жайлы да тапсырмалар берген. Семинарда осы тапсырманы орындауға қатысты ұсыныстар айтылды.

Мәулімбай ауылы,
Көксу ауданы

● ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

● Ел басшысы көтерген әрбір мәселе өзекті. Оның арғы жағында қазақ елінің кемел келешегі тұрғанын ұғынғанымыз жөн. Қазақстанның даму жолына барлық сала өкілдері өзінің үлесін қосу керек деп есептеймін. Сондықтан біз аянып қалар ештеңе жоқ.

ЖАҢА МІНДЕТ жетістікке жетелейді

Жаңа Жолдау өміршең мәселелерді терең зерделеген үлкен дайындықпен нақтыланған деуге негіз бар және стратегиялық жағынан маңызды деп есептеймін.

«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдаудың әр бағыты маңызды. Атап айтқанда, әлеуметтік қамсыздандыруды жақсарту, энергетика секторын жаңғырту мен атом энергетикасын дамытуды қоса алғанда инфрақұрылымды дамыту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, әлеуметтік қолдау жүйесін жақсарту және заңдылық пен тәртіп қағидаттарын бекіту сияқты бағыттар бойынша ұсынылатын шаралар ерекше назар аударуға лайық екенін атап өтті.

Президент «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланатын 2025 жылдың маңыздылығына тоқталып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау қажеттігін сөз етті. Бұл шаралар қоғамда еңбекқорлық пен кәсіпқойлық құндылықтарын ілгерілетуге бағытталған.

Мемлекет басшысы республикалық деңгейде шұғыл шараларды талап ететін проблемалық мәселелерді де нақты атап өтті. Ең маңыздыларының бірі – елдің энергетикалық қауіпсіздігі. Еліміздің экономикасының дамуы үшін энергетикалық тәуелсіздік болу керектігін атап, сондықтан АЭС-тің экономикалық тиімділігіне тоқтала келе оны салуды қарапайым халықтың өзі шешетін жалпыхалықтық референдумды 6 қазанда өткізуді ұсынды.

Мәселенің әлеуметтік маңыздылығы мен экологиялық қауіпсіздігін ескере отырып, ірі нысандарға инвестиция салумен қатар «жасыл технологияларды» белсенді енгізуді жалғастыру қажеттілігіне тоқталды.

Энергетика, құрылыс, жол салу, су салалары бойынша Үкімет алдына нақты тапсырмалар белгіледі.

Кадр тапшылығының өзекті мәселе күйінде қалып отырғандығына орай мұны «Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет» деп қадап айтты.

Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының жаңа үлгісін – белсенді және ашық, демек, жауаптырақ әрі тиімдірек қалыптастыруға үндейтінін ел басшысының өз аузынан естідік. Олай болса айтылған мәселелерді халық оң түсініп, дұрыс шешім шығаратынына сенемін.

Біз, кітапхана қызметкерлері, Президентіміздің бізге артып отырған сенімін ақтап, асқан жауапкершілікпен бірлесе отырып, Жолдау аясында атқарылатын жұмыстарды қарқынды түрде дамытуға, азаматтардың мәдениетін арттыру, табиғатқа ұқыпты қарау, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, еңбек адамын құрметтеу қажеттігіне тағы да назар аударамыз. Осы бағыттарды қарқынды түрде дамытып, арттыруға бар күш-жігерімізді саламыз.

Самал ШАЯХМЕТОВА,
облыстық Сәкен Сейфуллин
атындағы орталық
кітапхана директоры

● ТАЛҚЫ

Түсіндіру жұмыстары жалғасуда

● «Елімізде АЭС салына ма?» деген сауал бүгінгі күннің басты сұрағына айналып отыр. Қазан айының 6-да өтетін референдумда аталмыш сауалға жауап беріледі. Яғни, қазақстандықтар АЭС-тің тағдырын таразыға салады. Осыған байланысты Еркін ауылдық округіндегі № 26 мектепте елімізде атом электр станысларын салу мәселесі туралы қоғамдық талқылау ұйымдастырылды.

Медет ЖҰМАБАЙ

Жиынға Талдықорған қалалық мәслихат төрағасы Темірболат Жанболатұлы, ауылдық округ әкімі, жергілікті тұрғындар мен ақсақалдар кеңесінің мүшелері қатысты. Онда атом электр стансысының пайдасы мен қауіпсіздігі, тиімділігі талқыланды.

Халықпен кездесуде «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын сөз алып, Президент Жолдауына қатысты ой-пікірін ортаға салды. Ондағы 9 бағыттың тиімді тұстарына тоқталды. Соның ішінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы, «Қарызсыз қоғам» жобасы жөнінде жан-жақты ақпарат беріп өтті. АЭС бойынша да бар мағлұматымен бөлісті.

– Менің мақсатым АЭС жөнінде сіздерге түсіндіру. Оны қолдайсыздар ма, қолдамайсыздар ма, өз еріктеріңізде. Жалпы әлемде 400-ден аса атом электр стансылары жұмыс істеп жатыр. Оның ішінде ең қауіпсіз 200 стансы бар. Қазақстанға сол қауіпсізі қажет. Ол жерде адами фактор болуы мүмкін емес. Барлығы автоматтандырылған, қауіпсіздігі өте жоғары болмақ. Онда улы заттар сыртқа шығарылмайды. Балқаш көліне ешқандай зиян келтірмейтінін айтқым келеді. Мысалы, ең дамыған мемлекеттерде Америка Құрама Штаттарында 94, Францияда 56, Қытайда 56, Жапонияда 12 осындай атом стансысы орнатылған. Біз бір орында тұрмауымыз керек, дамуымыз шарт. Бізге электр қуаты қажет. Себебі, энергия тапшылығы бар. Шетелдерден сатып алып жатқан энергия қуаты елімізге арзанға түспейтінін түсінгеніміз дұрыс, – деді Арыстанғали Арын.

Ел көлемінде көтеріліп жатқан мәселе бойынша ауыл ақсақалдарын да тыңдап көрдік. Пікірлер саналуан. Дегенмен, жұрт насихатты ұғынды.

– Президентіміздің айтқан Жолдауындағы АЭС-ті салу бойынша тақырыпты ақсақалдар кеңесі өзіміз ішінара талқылаған болатынбыз. Біз бәрін қолдап отырмыз. Өйткені, ол қазіргі заманның талабы. Ол керек. Өте керек. Қазақстанға 5 Франция сыйып кетеді дейді ғой. Ал сол бір Францияның өзінде ғана 56 атом электр стансысы бар екен. Шетелдік еуропалық дамыған халық оның маңыздылығын баяғыда түсінген, – дейді Еркін ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тортай Ізбасқанов.

Біліктілік бел асырады

● Еліміздің кадрлық әлеуетін күшейіп, мұғалімдердің біліктілігі мен әлеуметтік мәртебесін арттыру мәселесі биылғы Жолдауда айтылды. Бұл – білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізі әрі маңызды міндеттердің бірі.

Елдің келешегі кемел, болашағы жарқын болсын десек ең бірінші өскелең ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беруге міндеттіміз. Әсіресе бүгінгідей ақпарат пен жаңа техниканың дамыған уақытында барынша жан-жақты білім алу аса маңызды. Көптеген халықаралық сарапшы бұған дейін озық ұлттық білім жүйелерінің алдында жас ұрпақты цифрлық дағдыларға үйрету міндеті тұрғанын жиі айтуда. Демек, біз қазіргі таңда оқушыларға жасанды интеллектімен жұмыс істеу дағдыларын үйретуіміз керек. Бұл елдегі білім беру саласындағы жаңа қадам. Сынаққа жауап, ең алдымен, отандық педагогтердің әлеуетін үздіксіз арттыру жүйесін тереңінен зерделеуді талап етеді. Педагогтер ортасында жастарды оқыту мен тәрбиелеудің жаңа дағдыларын игерудің тұрақты қажеттілігін қалыптастыру маңызды.

Жалпы, әлемде қосымша заманауи білім қызметінің нарығы өсіп келеді. Сол себепті де көптеген ел жыл сайын педагогтердің біліктілігін арттыруға, ең алдымен олардың қосымша білім алуына миллиардтаған қаражат бөледі. Елімізде де мұғалімдерді тұрақты қайта даярлау жүйесін жетілдіру маңызды. Педагогтің жаңа педагогикалық дағдыларға қажеттілігі ескерілетін қайта даярлаудың қолайлы форматтарын іздеу және енгізу жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Оның іске асырылуының маңызды құрамдас бөлігі ұлттық техникалық және кәсіптік білімді реформалау жөніндегі шаралары болатыны сөзсіз. Сондай-ақ қазіргі замандағы еңбек нарығы үшін жұмысшы мамандарын даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ететін педагогтердің біліктілігін арттырудың жаңа жүйелі тәсілдерін айқындау және оны жүзеге асыру маңызды.

Сабыржан МҰЛКІБАЕВ,
кешкі ауысымды мектептің
тарих пәні мұғалімі
Талдықорған қаласы

● БРИФИНГ

Көрсеткіш көңіл қуантады

● Облыс бойынша дәнді дақылдардың 80% жиналды. Дәндік жүгерінің 1 172 гектары шабылды. Қант қызылшасын қазу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Биыл Ақсу ауданының шаруалары 2 мың 200, Алакөл 644, Ескелді 3 мың 63, Қаратал 1 мың 461, Кербұлақ 877, Көксу 2 мың 337, Сарқан ауданы 2 мың 921, Талдықорған қаласы 150 гектар жерге қант қызылшасын еккен. Бұл туралы облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев баспасөз отырысында айтты.

Басқарма басшысының мәліметінше, дәндік жүгерінің 1 мың 172 гектары шабылып, 7,6 мың тоннасы жиналды. «Жаркент крахмал-сірне зауыты» дәндік жүгерінің қабылдау ылғалдығына қарай бағалап, қабылдауда. Мәселен, 20% ылғалдылықты 55 мың теңгеден алса, 15% ылғалдықты 15-60 мың теңге көлемінде бекіткен.

– Биылғы өнім жаман емес. Нәтиже көз қуантады. Жалпы, облыс бойынша 544,2 мың тнонна астық бастырылды. Гектар өнімділігі 23,1 центнерден айналуда. Облыс бойынша жалпы қуаттылығы сағатына 283 тоннаны құрайтын 7 астық кептіргіш бар. Жиналған астықтың 194,6 мың тоннасы сатылды. Картоптың 3,9 мың гектары жиналып, 81,5 мың тонна өнім алынды. Көкөністерден 152,5 мың тонна өнім алынып, бақша дақылдары толығымен жиналды. Қант қызылшасын жинау жоспар бойынша тиімді атқарылуда. Қазіргі таңда Ақсу, Көксу қант зауыттары өнім қабылдауды бастады, – деді облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Нұрдәулет Сағадиұлы.

Қант қызылшасының жиын-терін жұмысына 108 комбайн қатысуда. Оның 31 бірлігі биыл сатып алынған. Бүгінгі күнге жаңадан құрылған 8 сервистік даярлау орталықтарына 15 комбайн жеткізілген.

Баяндамашының айтуынша, келер жылдың өніміне 70 мың гектар күздік масақты дәнді дақылдар себу жоспарланған. Күздік дақылдардың 27,8 мың гектары немесе 40,2% себілді. Облыс бойынша 127 мың гектар сүдігер жырту жоспарда бар. Бүгінгі күнге 47,7 мың гектарда сүдігер көтерілді. Дизель отыны бойынша оператормен мұнай зауытынан шілде айының көлемі толық жеткізілді. Тамыз айындағы 1 мың 560 тоннасы сатып алынды. Минералдық тыңайтқыштарды қолдану көлемі 49 мың тоннаға дейін ұлғайтылып бекітілді.

● ЭНЕРГЕТИКА

ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облыстық департаменті «ТАЭТК» АҚ нысандарындағы бекітілген инвестициялық бағдарламаларды орындау бойынша баспасөз турын ұйымдастырды. Шара аясында БАҚ өкілдері Текелі қаласының Рудничный кентіндегі жұмыс барысымен танысып қайтты.



Қажет АНДАС

Жұмыс сапасы тексерілді

Жалпы, «ТАЭТК» АҚ электр энергиясын беруді және бөлуді жүзеге асырады. Жасыратыны жоқ, өңіріміздегі электр бағаналарының дені тозып, қары қалың, қысы суық шалғай елді мекендердегі тұрғындарға қыс күндері электр жарығын жеткізу қиындық тудырып келеді. Дегенмен, «ТАЭТК» АҚ-ның тынымсыз еңбегінің нәтижесінде жыл сайын шалғайдағы бағаналар жаңаланып, электр сымдары ауыстырылып, қосалқы стансылар заманауи техникамен жабдықталып ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Биыл аталған мекеме инвестициялық бағдарлама аясында 1336900 мың теңге қаржы игеруді жоспарлаған. Бағдарлама шеңберінде 7 шарт жасалған. Олардың бір бөлігі ел игілігіне берілсе, қалғаны жыл соңына дейін толығымен орындалмақ. Соның бірі – Текелі қаласының Рудничный кентіндегі электр бағаналарын ауыстырып, сымдарды жаңалау жоспары.

– Рудничный кентіндегі 11,8 шақырым электр желісі 1986 жылы қолданысқа берілген. Қазіргі таңдағы электр желілерінің тозуы 121 пайызды құрайды. Сондықтан электр энергиясының өткізу қабілетін ұлғайту, тұтынушыларды сенімді және үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында 414 дана (СВ110/105/95-2) темірбетон бағанасын орнату көзделген. Қазір оның 218-і орнатылды, – дейді «ТАЭТК» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директоры Айдос Туғанбаев.

Рудничный ауылы тау баурайына орналасқан шағын ауыл. Алайда, бұл жердің қысы қытымырлау келеді. Қар қалың түсіп, жел қатты соғады. Сондықтан 50-60 жыл бұрын орнатылған ағаш бағаналар мен ескірген электр сымдары қыс қаһарына шыдас бермей жарық жиі сөніп, тұрғындардан электр жарығына қатысты шағым көп түсетін. Осы жағдайларды ескерген «ТАЭТК» АҚ ауылдағы ағаш бағаналарды түгелімен жаңалап, ескірген сымдарды сырты қапталған, желге, жаңбырға, қарға төзімді сымдарға ауыстырып жатқанын көрдік.

– «ТАЭТК» АҚ-ның инвестициялық бағдарламасы бойынша істелген жұмыстарды үнемі қадағалап отырамыз. Бөлінген қаржы тиімді жұмсалып, жұмыс сапалы жақсарып жатыр дей аламын, – дейді ҚР Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облыстық департаменті табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы Қайрат Байтілеуов.

Жалпы биыл инвестициялық бағдарлама аясында аймақ бойынша 9 нысан жаңартылады. Соның ішінде, Талдықорған қаласындағы 4,57 шақырымдық КЛ-10 кВ. кабельдерін ауыстыру, Кербұлақ ауданының Жайнақ батыр ауылындағы 10 шақырым электр сымын жаңалау (Бұл жоба толығымен орындалды), Текелі қаласындағы электр желілерін ауыстыру, Қабанбай ауылындағы телеметрияны, Үштөбе, Жаркент қалаларындағы қосалқы стансыда 110 кВ-тық айырып-қосқыштарды жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Рудничный кенті
Текелі қаласы

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ ұлық мерекеге арналған құттықтауы

Құрметті жетісулықтар!

Еліміздің ұлық мерекесі – Республика күніне орай шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Төл тарихымызда зор маңызға ие болып, қастерлі тәуелсіздігімізге жол ашқан 25 қазанның бүгінде мемлекеттілікті нығайтудағы рөлі ерекше.

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси реформалардың барысында бұл айтулы күн бүгініміз бен болашағымызға деген ортақ жауапкершілікті сезіндіріп, игі істерді лайықты атқаруға жігерлендіреді.

Осы орайда күллі жетісулықтарға елімізді, соның ішінде облысымызды дамытудағы еселі еңбегі үшін шынайы ризашылығымды айтамын.

Біздің ынтымағымыз, елжандылығымыз бен еңбексүйгіштігіміз барлық бастамаларымызға берік негіз, тиянақты тірек болып, ортақ Отанымыз - Қазақстанның игілігіне бірлесіп қызмет ете береміз деп сенемін.

Баршаңызға мықты денсаулық, еңбекте табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін. Еліміз өсіп-өркендеп, тәуелсіздігіміз нығая берсін!

Республика күні 25 қазан

24 қазан, бейсенбі, 2024 жыл

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№121-122 (19405) ● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ● *Газет 1918 жылғы маусымнан шығады*

● БӘРЕКЕЛДІ!

«Жетісу» әйелдер волейбол клубы Петропавлда өткен Қазақстан кубогында жеңіске жетті. Финалдағы ойында жергілікті «Қуаныш» (Солтүстік Қазақстан) командасынан 3:0 (25:23, 25:21, 25:22) есебімен басым түсті. Бұл «Жетісудың» Қазақстан кубогын тоғызыншы мәрте алуы болса, араға 10 жыл салып ие болды (кейінгісін 2014 жылы алды). Ал «Жетісу» ерлер құрамасы Ақтөбеде өткен ел кубогында 3-орыннан көрінді. Қола медаль үшін болған ойында «Павлодарды» 3:1 (25:17, 19:25, 25:22, 25:18) есебімен жеңді.



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

ОН ЖЫЛДАН КЕЙІН ОРАЛҒАН ОЛЖА

Серік ҚАНТАЙ

Облыс басшысы Бейбіт ИСАБАЕВ волейболдан облыс намысын қорғаған ерлер мен әйелдер командасын қабылдап, құттықтады. Өз сөзінде: «Облысымызда спортпен айналысу үшін барлық жағдай қарастырылған. Жақында ғана волейбол орталығы қолданысқа берілді. Келешекте академия ашу жоспары тұр. Осындай қолдаудың өтеуіндей болған ел кубогындағы жарқын жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Дәл осы межемен шектеліп қалуға болмайды, алда чемпионат, суперкубоктың ойындары күтіп тұр. Сол жерде де жеңіске жетуге тілектеспіз», – деп екі команданың ұжымына және бас бапкер Марко Гршич пен Марат Адыршевқа Құрмет грамотасын табыстады.

Әйелдер командасының бас бапкері серб маманы Марко Гршич өз кезегінде қолдау көрсеткен облыс басшылығына, кәсіпкерлерге алғыс айтты. Ал команда капитаны және Қазақстан кубогында «Жетісу» сапындағы үздік ойыншы болған Карина Денисова: «Біз қашанда үздік нәтиже көрсету үшін барымызды саламыз. Барша қолдаған жанкүйерлерге алғыс айтамын», – деді. Ерлер құрамасының капитаны Айбек Жақсылықов та команданың тек жеңіс үшін ойнайтынын айтып, жанкүйерлерді қуанту үшін барын салатындарын жеткізді.

Волейболдан әйелдер арасында Қазақстан кубогына електен өткен 8 команда қатысты. Әу баста «Жетісу» «А» тобында болып, «Тұран» (Түркістан), «Алматы», «Ару Астана» командаларын жеңіп, ширек финалда «Ақтөбені» ұтты. Ал жартылай финалда «Берел» командасымен (Шығыс Қазақстан облысы) ойнап, 3:2 есебімен шеберлік көрсетті. «Жетісудың» жеңісті жолы осылай жазылды. Енді «Жетісу» волейбол клубы 6 қарашада Өскеменде Қазақстан суперкубогы үшін ел чемпионы «Тұранға» (Түркістан) қарсы ойын өткізеді.

● СЕССИЯ

Облыс әкімдігінің мәжіліс залында Жетісу облыстық мәслихатының кезектен тыс XXII сессиясы өтті. Сессияны облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнар ТОЙЛЫБАЕВА жүргізді. Сессияға облыс әкімінің орынбасары Марлен КӨЛБАЕВ қатысты.

БІРАУЫЗДАН қолдады

Еңлік КЕНЕБАЙ

Облыстық депутаттар кеңесінің отырысында облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Елдос Мырзабек жаңа тарифтер және тұрғындардың табиғат сыйларын жинауға қажетті ақпаратпен бөлісті. Оның айтуынша, жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында тегін, рұқсаттама құжаттарынсыз жабайы өскен жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, дәрілік шикізатты және де өзге орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинау Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 42-бабының 2,3-тармақтарына сәйкес қудаланады. Мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырысында осы мәселе жанжақты зерделеніп, тиісті шешімдер қабылданды.

Жиындағы екінші мәселе бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Арман Жансеңгіров баяндама жасады. 2023 жылы «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен азаматтарды тегін немесе жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша тұрақты тұратын елді мекеннен тыс жерде медициналық қызметтерді алуға 18,0 млн. теңге бөлінген. Басқарма басшысының айтуынша, Республикалық электронды денсаулық орталығы берген жолдама саны 560 адамды құраған. Денсаулық сақтау басқармасында 220 өтініш қаралып, 181 азаматқа төлем жасалған. 2024 жылы жоғарыда аталған бағдарлама бойынша 15,3 млн. теңге бөлініп, 234 адам жолдама алған. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті алуға Жетісу облысында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына тұрақты тұратын елді мекеннен тысқары жерлерге тегін жол жүруді ұсыну мәселесі қаралды. Бұл мәселе облыстық мәслихаттың бірлескен тұрақты комиссияларының отырысында жан-жақты талқыланып, ұсыныстарды депутаттар бірауыздан қолдап, тиісті шешім қабылдаған.

Күн тәртібіндегі барлық мәселеге дауыс берген депутаттардан кейін облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев сөз алды. Ол облыстың депутаттық корпусын келе жатқан Республика күнімен құттықтап, жемісті еңбек тілеп, халықтың игілігі жолындағы белсенді жұмысы үшін алғыс айтты. Облыстың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуы үшін халық қалаулыларының еңбегі зор екенін атап өтті.

● ЖАЙДАРМАН

«Көгілдір отын» Көкпектіде

Қаратал ауданына қарасты Көкпекті ауылына табиғи газ жетіп, алғашқы отбасы көгілдір отынға қосылды. Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Мақсат Чамиренов, «ЖетісуГазСервис» ӨК» КМК-нің басшысы Мирас Қожахметов қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ

Үйіне газ тартылған Көкпекті ауылының тұрғыны Дания Төлеубергенова: «Отбасымызбен Талдықорған қаласынан туған ауылымызға көшіп келдік. Ауылымыз жайнап, өркендеп келеді. Жүргізіліп жатқан газдандыру жұмыстары бізді қуантады. Бұған дейін көмір мен отын сатып алатынбыз. Пеш жағып, күл шығару оңай жұмыс емес. Бұл үйдегі тазалыққа әсер етеді. Газ қосылып, қыстай үйіміз жылы болады деп бүкіл үй ішімізбен қуанып отырмыз. Көгілдір отынмен қамтамасыз еткен мемлекетке, облыс, аудан басшылығы мен компанияға шексіз алғыс білдіремін», – деп ақжарма тілегін ақтарды.

Қаратал ауданында 35 елді мекен болса, оның 19-ы газдандыруға жатады. Ауданда Үштөбе газ тарату стансысы салынды. Бүгінгі таңда 11 елді мекенде газ тарату желілерінің құрылысы аяқталды. Сонымен қатар, аудандағы 3 ауылда газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл елді мекендерді газға қосу жұмыстары жыл соңына дейін кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Өңірдегі ірі жобалардың бірі – Үштөбе қаласын газдандыруға республикалық бюджеттен 7 миллиард теңге бөлінді. Келісімшарт бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі 2024 жылдың аяғы. Жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде 2025 жылдың соңына дейін Қаратал ауданындағы 19 елді мекен көгілдір отынға қол жеткізеді.

Бүгінде облыс бойынша газдандыру деңгейі 51,1 пайызды құрап отыр. Мемлекет басшысының Жетісу облысына келген сапарында берген тапсырмасы аясында жергілікті сызбаға сәйкес 2025 жылдың соңына қарай Кербұлақ ауданынан Талдықорған қаласына дейін, соның ішінде Панфилов ауданын қоса алғанда, барлығы 126 елді мекен газдандырылып, жалпы 506 мың адам көгілдір отынның игілігін көретін болады. Сөйтіп 2025 жылдың соңында облыста газдандыру деңгейі 72%-ға жетеді деп межеленіп отыр.

Ал жобаның екінші кезеңінде Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарын газдандыруға қажетті «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбыры құрылысының ЖСҚ-сы әзірленді. Құрылыс жұмыстары биылғы жылдың екінші жартысында басталады деп күтілуде. Бұл кезеңде аталған 3 аудандағы 66 елді мекенге газ құбыры тартылады. Сөйтіп 2028 жылдың соңына қарай облыста газдандыруға жататын 124 мыңға жуық тұрғыны бар 192 елді мекен толық газдандырылады деген жоспар бар.

Қаратал ауданы

● ҚОНЫСТОЙ



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

БАСПАНАЛЫ БОЛУ – БІР БАҚЫТ

Республика күні қарсаңында Көксу ауданының Балпық би және Жарлыөзек ауылдарындағы құрылысы аяқталған 17 үйдің кілті тұрғындарға тапсырылды. Салтанатты шараға Көксу ауданының әкімі Дәулет Халелов қатысып, тұрғындардың қуанышымен бөлісті.

Қажет АНДАС

– Мереке қарсаңында көптеген қуаныштың куәсі болып жатырмыз. Жыл басында 10500 шаршы метр үйді қолданысқа береміз деп жоспарлағанбыз. Бүгінге дейін 7500 шаршы метр үйді тапсырдық. Қалғаны жыл соңына дейін орындалады. Келесі жылы тағы да 50 үйдің кілтін тапсырсақ деген жоспар бар. Сонымен қатар, «Отбасы банкі» арқылы төмендетілген пайызбен 40 отбасы баспаналы болса, алдағы уақытта тағы да 20 пәтер өз иесін таппақ. Қыркүйек айында Қаратал ауылындағы жаңа мектеп қолданысқа беріліп, жаңа балабақша бүлдіршіндерді қуанышқа бөледі. Биыл 17 ауылдың тұрғыны табиғи газға қосылады, – деді аудан әкімі.

2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде биыл Көксу ауданы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 50 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуді жоспарлаған. Оған бюджеттен 840 660 000 теңге қаражат бөлініп, Балпық би, Жарлыөзек, Мұқыры ауылдарында жалпы ауданы 60 шаршы метрден жоғары жалға берілетін, жеке тұрғын үй салу және сатып алу бойынша жеке кәсіпкерлермен келісімге келген. Сонымен Балпық би ауылындағы 23 жеке тұрғын үй құрылысын «Smart Taldykorgan» ЖШС, 7 үйді «Kazakhstan grand Construction» ЖШС, Жарлыөзек ауылында 10 үйді «Восток Строй Энерджи» ЖШС, Мұқыры ауылындағы 10 үйді «Көксу проект» ЖШС жүргізетін болып белгіленген.

Міне, соның 17 үйі, нақтылап айтар болсақ, Балпық би ауылындағы 13, Жарлыөзек ауылындағы 4 үйдің құрылысы аяқталып, Республика күні қарсаңында үй кезегінде тұрған отбасы иелеріне тапсырылды. Қалған үйлер жыл соңына дейін иесін табады.

(Соңы 2-бетте)

Республика күні 25 қазан

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Көкөрімдер қылмысы көбейіп тұр

Жетісу өңірінде қылмыс төмендеген. Бірақ, ұрлық-қарлық азаймай тұр. Әсіресе, өңірде бір жасөспірім 6, өзге көкөрім 5 қылмысқа қатысқан. Жуырда облыс әкімдігінде өткен Жетісу облысындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізген облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев өңірдегі кримоногендік ахуал төмендегенмен кей қылмыстың өршуіне жол берген облыс құқық қорғаушыларының сылбыр жұмысын сын садағына ілді.

Дастанбек САДЫҚ

Бөтеннің мүлкін ұрлаудың алдын алу, оның ішінде мал ұрлығына қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы облыстық полиция департаментінің криминалдық полиция басқармасының бастығы Дәурен Сәкенов баян етті. Бас криминалистің айтуынша, облыста тіркелген қылмыс атаулының 28,7 пайызы ұрлық-қарлыққа тиесілі. Былтырғы ахуалмен салыстырғанда бұл санаттағы құқықбұзушылық 16 пайызға төмендепті. Жыл басынан бері 4 қылмыстық топ құрықталған. 2 топ пәтер ұрлығын, 2 топ барымташылықты «кәсіп» еткен. Құқық қорғаушылардың құрығына ілінген осы топтардың 27 қылмысқа қатысы бары анықталған.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев мал ұрлығының ашылуы мен ұрылармен күресте криминалдық полиция басқармасы қауқарсыз екенін алға тартты. Соңғы жылдарда Алакөл ауданының өзінде мыңдаған жылқысынан айырылған шаруа қожалықтардың барын айтқанда облыстық полиция департаментінің криминалдық полиция басқармасының бастығы кәдімгідей мүдірді. Төрт түлікті жалған құжатпен саудаға шығарғандардың тірлігін баян еткенде Дәурен Сәкенбаев тал қармағандай кейіп танытты. Кінәлілерді жергілікті әкімдіктен, облыстың ветеринарлары қатарынан іздеуді жөн деп тапқандай. Мұнысы да комиссия мүшелерінен қатаң сынға қалды. Облыс әкімінің бірінші орынбасарының сөзінше, бірнеше жыл бұрын қолға алынған жергілікті әкімшілік, құқық қорғау органдары, мал иесі және малшы арасында меморандумның қазір өткеннің көлеңкесінде қалуының нәтижесінде ұрлардың тасы өрге домалап тұр. Оның үстіне құқық қорғаушылардың жергілікті әкімдікпен байланыссыз жұмыс жүргізуі де мал ұрлығына жайлы жағдай туындатқан. Әлібек Жақанбаев облыстық полиция департаменті өкілдеріне, облыстық ветеринария басқармасының басшысы Нұрлан Жамаубаевқа бірлесе қарекет етуді, малды тасымалдауға, өткізуге берілген ветеринариялық анықтамаларды берудің заңдылығына тексеру жүргізуді жүктеді.

Мұнан кейін облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция басқармасы бастығының міндетін атқарушы Серік Байғозинов қылмыстарға толмағандар арасындағы, оның ішінде олардың жыныстық тиіспеушілігіне қатысты қылмыстардың алдын алу жөніндегі жұмыстың нәтижесі туралы баяндады. Серік Омарақынұлының айтуынша, өңірде қылмыстарға толмағандар қылмысы 64,7 пайызға өскен. Атаулы қылмыстың өсуі бойынша Алакөл, Сарқан, Көксу аудандары мен Талдықорған қаласы көш бастап тұр. Жыл басынан бері қылмыстарға толмағандарға жыныстық зорлық-зомбылық көрсету бойынша 24 қылмыс анықталыпты. Былтыр көкөрімдерге қорлық көрсету едәуір төмен болған еді. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев құқық қорғаушылар тарапынан профилактикалық жұмыстың нашар жүргізілетінін ашына жеткізді. Айтуынша, мемлекеттің болашағы болар балалардың қылмысының өршуіне тікелей тәртіп сақшылары кінәлі. Қылмыстарға толмағандардың қылмысын азайту үшін құр жазалау мәселені шешпейді. Артынша облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Гүлмира Ахметова өңірде 14 мыңнан аса оқушы өмірдің қиын жағдайындағы балалар санатында екенін жеткізді. Жалпы, облыста 314 жалпы білім беру ұйымдарында 129 833 оқушы бар. Г. Ахметованың айтуынша, 18 жасөспірім полиция бөлімдерінде профилактикалық есепте тұр. Оның 35-і мектеп оқушысы. Жыл басында облыстық «Психологиялық қолдау орталығы» ашылған. Бұл орталық арнайы сауалнама нәтижесінде 5040 тәуекел санатындағы балаларды анықтаған. Әлібек Жақанбаев жалпы білім беретін мектеп басшылықтары «нашар оқитын, тәртібі нашар» балалардан құтылу шарасын доғару керегін жеткізді. Айтуынша, тәртібі нашар бала – қылмыскер емес. Ал, осындай қарекет нәтижесінде мектеп директорлары колледжге аттандырған жасөспірімдер түрлі қиындықтарға тап болуда. Әсіресе, колледж студенттері ерте жүктілікке душар болуда. Бұл жағдаят, әрине, құзырлылар назарынан тыс қалып отыр екен. Облыс әкімінің бірінші орынбасары жауапты құрылымдарға тиісті тапсырма жүктеп, жарқын болашақ үшін саналы һәм дені сау ұрпақ тәрбиелеу керегін алға тартты.

– «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, балалардың уақыттарының көбі мектеп қабырғасында өтетіндіктен білім беру мекемелерінде құқықтық тақырыпта тұрақты негізде лекциялар өткізілуі тиіс, мектеп басшысынан бастап әр сынып жетекшісі өзінің тікелей жауапкершілігін түсіне отырып, ата-аналармен тығыз байланыста болуы қажет. Тәртібі нашар балаларға қылмыскер ретінде қарамай, олармен психологтар жұмыс істеуі тиіс, – деді Ә. Жақанбаев.

Комиссияның кезекті отырысында қаралған мәселелер айтылған жерде қалмауы, келер отырыста қайта пысықталатыны сөз болды. Комиссия жетекшісінің сөзінше, мұндай қадам болмайынша жұмыс тек қағаз жүзінде қала бермек.

● КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

БАЛА ТАҒДЫРЫ ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС

Облыс әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Басқосуға комиссия мүшелері, басқарма басшылары және аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары қатысты. Облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаевтың төрағалығымен өткен жиынның күн тәртібінде алты мәселе қаралды.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтар мен қылмыстың жағдайы туралы 9 айдың қорытындысын айтқан жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Аида Белгібаева күн санап жасөспірімдер арасында қылмыстың артқанын жеткізді. Өткен жылмен салыстырғанда биыл кәмелетке толмағандар жасаған қылмыс 64,7 пайызға өскен.

– Балаларды уақытша оқшаулау орталығына 78 кәмелетке толмаған бала жеткізілген. Олардың 61-і қадағалаусыз және панасыз қалғандар, 17-сі ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың қамқорлығынсыз қалғандар. Әкімдіктердің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау комиссия отырыстарында 220 іс-құжат қаралып, қорытындысымен 10 адам ата-аналық құқығынан айырылды, 8 тұрғынның құқықтары шектелді, – деді Аида Елеуқызы.

Марлен Көлбаев қылмыстың алдын алу, азайту мақсатында атқарылған жұмыстар, қолданған шаралар туралы жауапты мамандардан сұрады. Бірақ тұшымды жауап болмады.

– Бала тағдыры ойыншық емес. Оған бәріміз де жауаптымыз. Сондықтан бұл іске немқұрайдылық танытпаңыздар. Баламен еркін, ашық сөйлесу керек. Ол қылмысқа не үшін барғанын, енді қайта қайталамауын түсіндіру керек. Қол қусырып отырмай, жұмысты күшейтіңіздер, – деген облыс әкімінің орынбасары жауапты мамандарға тапсырма жүктеді.

«Әдеп және құқық жұмысы жөніндегі ментор» жобалық кеңесінің жұмысы, балалардың тамақтануын ұйымдастыру және стандарттарды, нормаларды, санитарлық талаптарды сақтау, сәтсіз отбасындағы оқушы балалардың жағдайы, олардың тиісті жабдықтармен, тегін үйірмелермен, ата-аналарының жұмыспен қамтылуы, мобильді топтардың құрылуы, кешкі мектепке оқушыларды қабылдау талаптарының орындалуы турасында мамандар баяндама жасады. Жұмыс барысында кеткен кемшіліктерді, жіберілген қателіктерді түзеу үшін нақты тапсырма беріліп, жұмысына селқос қарағандардан түсініктеме алынып, тиісті әкімшілік шара қабылданатын болады.

● ӘРЛЕУ

«Дамумен» дамыған КӘСІПКЕРЛЕР КӨП

Өңірлік «Даму» қоры орта және шағын кәсіпкерлікке 484 жоба үшін 20 млрд. теңге қаржы бөлді. Оның ішінде 250 жоба субсидия алса, қалғанына несие алу үшін кепіл болды. Жалпы, облыста 2010 – 2023 жылдар аралығында мемлекеттік субсидия алған кәсіпкерлер 7 мың жаңа жұмыс орнын ашып, бюджетке 249 млрд. теңге салық төледі.

«Умные детки» жекеменшік мектептің басшысы Гаухар Елтайқызы биыл екінші деңгейлі банктен несие алған. «Даму» қоры кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде несиені субсидиялаған. Яғни, қаржының пайызын азайтқан. Оқушылар таңнан кешке дейін мектепте. Үш мезгіл ыстық тамақ беріледі. Қалаулары бойынша бірнеше үйірмеге қатыса алады. Оқу орнында 9 сынып бар. Балалар бірінші сыныптан бастап ағылшын, цифрлық сауаттылық сабақтарын меңгереді. Дәл осындай мемлекет көмегіне ие болғандардың тағы бірі – «Көксу мед» клиникасы. Қазақ-неміс медициналық орталығы 6 мыңнан аса ота жасаған. Мекемеге офтальмологиялық аппараттар алу үшін қор кепіл болған.

«Көксу мед» мекемесінің офтальмолог-дәрігері Арлан Талғатұлы: «Клиникаға келушілер саны күн санап артып келеді. Балаларды 3 жастан бастап қабылдаймыз. Көзге ем жасау үшін барлық жағдай жасалған. Алдымен қабылдап, диагноз қоямыз. Содан кейін ем тағайындаймыз. Керек болса ота жасаймыз. Мен күніне 30-35 адамды қабылдаймын.

Әлімхан Тілеужанов «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» Жетісу облыстық филиалының директоры: «Даму» қоры шағын және орта бизнеске субсидия, кепілдік беріп, жеңілдікпен қаржыландырады. Субсидия – кәсіпкерлердің несиесінің пайызын азайтады. Нәтижесінде кәсіпкерлер үнемделген қаражатты ісін дамытуға жұмсай алады. Бизнес ашарда кепіл мүлік аз болған жағдайда қор кепіл болады», – дейді .

Талдықорғанда балаларға арналған бассейн ашылғаны белгілі. Сауықтыру орталығы да субсидияның көмегін көрген. Қор арқылы кепілдік алған мекеме дамуында ауытқуы бар балаларды су терапиясы арқылы емдеуде. Орта және шағын кәсіпкерлік ашуға жан-жақты көмек көрсетілуде. Кәсіпкерлікпен шұғылданушыға жол ашық. Іскерлік – табыстың кепілі.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

● ЖАЙДАРМАН



Мұқыры ауылының дәрігерлік амбулаториясы күрделі жөндеуден өткізіліп, қайтадан қолданысқа берілді. Емдеу мекемесі елді мекендегі 3387 тұрғынға қызмет көрсетеді. Жөндеу жұмысы биыл мамыр айында басталып, қазанда аяқталды. Құрылысты жүргізген мердігер «КазСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қайта жаңғырған ауыл емханасы

Гүлжан ТҰРСЫН

Іргетасы 1987 жылы қаланған мекемеге соңғы рет 2012 жылы күрделі жөндеу жүргізілген. Содан бері толық жөндеуден өтпеген ғимарат әбден ескірген еді. Мекемедегі мамандардың айтуынша, құбырлары ескіріп, жылу жүйелері жөндеуді қажет еткен.

Медициналық мекеме күніне 30 науқас қабылдауға арналған. Дәрігерлік амбулаторияның аумағы 263,7 ш.м., мұнда сырқаттарға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі. Күндіз ем қабылдайтын 4 төсекті орын, лаборатория, жүкті әйелдерге арналған кабинет және екпе бөлмелері бар. Дәрігерлік амбулаторияда 1 жалпы тәжірибелі дәрігер, 1 акушер, 1 зертханашы және 4 орта буын медициналық қызметкер, 1 әлеуметтік маман жұмыс істейді. Күрделі жөндеуден өткен ғимараттың қайта ашылу салтанатында аудан әкімі Дәулет Халелов сөз алып, емдеу мекемесінде алғашқы медициналық көмек көрсетуге барлық жағдай жасалғандығын айтты. «Амбулаторияға күндіз ем қабылдайтын төсек-орын қойдық. Екпе жасау, зертханалық кабинеттерді жасақтадық. Ауыл тұрғындары игілігін көріңіздер. Сондай-ақ, ауданның 80 жылдығы мен Республика күні аталып өтеді. Барша қуанышпен ел-жұртты құттықтаймын», – деді аудан басшысы. Аудандық орталық ауруханаының директоры Жаннұр Сырымовтың айтуынша, амбулаторияда тіс дәрігері, балалар бөлмесі бар. Ол биыл ауданда жаңадан 6 емдеу мекемесі пайдалануға берілгенін айтты. Бір әттеген-айы, ауданда невропатолог, окулист маман жетіспейді. Емдеу мекемесінің қайта пайдалануға берілгеніне қуанышын білдірген ауыл тұрғыны Данияр Оралбеков кең, жарық, жылы амбулаторияда ем қабылдауға барлық жағдайдың жасалғанын, арнайы аппарат та қойылғанына дән риза. Оның айтуынша, емхана күрделі жөндеуге жабылған кезде дәрігерлер ауылдың Мәдениет үйінен кабинет алып,тұрғындарға қызмет көрсетулерін тоқтатпаған.

Мекемеге жаңадан келген дәрігер Арайлым Шаханбекова жұмысты қолға алып, сырқаттарды қабылдауды бастап кетті. Жас дәрігердің шипалы қолын сезінуге асыққан ауылдың үлкендері амбулаторияға келіп, тиісті ем-домын қабылдады.

Көксу ауданы

БАСПАНАЛЫ БОЛУ – БІР БАҚЫТ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Балпық би ауылының №14 және Жарлыөзек ауылының Құндақбаев көшелерінің бойына орналасқан үйлердің салтанаты ерекше. Сыртқы келбеті, ішкі безендірілуі бірдей әрі төзімді материалдан салынған құрылыстың сапалы екені көрініп тұр. Қоршаулары ретті, ауласы таза, су, жылу желілері толық тартылған үйлер қоныс иелерінің көңілінен шыққаны анық. Жүздерінен қуаныш лебі есіп, бір-бірін құттықтасып жатты.

– Үй кезегінде тұрғаныма 10 жылдан асты. Ғұмыр бойы ұстаздық жұмыс істеп, 5 баламды ержеткіздім. Немерелерім де өсіп келеді. Осыған дейін 80 жасқа келген жұбайыммен балаларымыздың үйінде тұрып келдік. Міне, енді жаңа баспанаға ие болғаныма қуаныштымын, – дейді Балпық би ауылының тұрғыны, зейнеткер Әуесбала Омарова.

Жарлыөзек ауылынан үйлі болған тұрғындар да қуанышымен бөлісті:

– 2021 жылы көпбалалы ана ретінде кезекке тұрдым. Міне, кезегім келіп, баспаналы болып жатырмыз. Бес баланың анасымын, жұбайым зауытта жұмысшы. «Жаңа үйге кіреміз» деген балалар қуанышында шек жоқ. Басқаларға да осындай жаңа үй бұйырсын деп тілеймін, – дейді Жарлыөзек ауылының тұрғыны Рұқия Райым.

Осы ретте баспаналы болғандардың қатарында Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне теңестірілгендер де болды.

– Балпық би ауылынан Ауған соғысына ағайынды Ғапу мен Ғабдул Басшыбаевтар бірге аттанды. Қаруласымыз Ғабдул ағаның отбасына да баспана кілті тиді. Енді Оразгүл жеңгеміз балаларымен бірге осы үйдің түтінін түтетіп, алдағы күндерін алаңсыз өткізетін болды, – дейді Ауған соғысының ардагері Мырзабек Сейітов.

Соңында Көксу ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Сайлаубай Бәзілов, аудандық мәслихаттың төрағасы Жамбыл Бейсенбай, аудандық «AMANAT» партиясының төрағасы Мәлік Бейсенов, Жарлыөзек ауылының ақсақалдар алқасы Аманжол Нұрпейісов баспаналы болған ауылдастарының қуанышымен бөлісіп, алдағы күндеріне сәттілік тіледі.

Көксу ауданы

● ӘЛЕУМЕТ

Тұрғындар риза

Осыдан 50-70 жыл бұрын пайдалануға берілген Талдықорған қаласындағы 28 көпқабатты тұрғын үйдің шатырын ауыстыру жұмысы жүріп жатыр. Құрылыс жұмысына жергілікті бюджеттен 420 млн. теңге қаржы қарастырылған.

– Өткен жылы қаладағы 1950 – 1970 жылдары салынған көпқабатты үйлерді толық зерделеп, тозығы жеткен шатырларды ауыстырып, сылағы көшкен касбеттерді жаңартуды жоспарлағанбыз. Сол бойынша қаладағы 28 үйдің шатырына бюджет есебінен ағымды жөндеу жұмысы жүргізілуде. Қазан айының басында басталған 10 үйдің шатыры ауыстырылып болды. Қалғандары ауа райы қолайлы болған жағдайда 20 қарашаға дейін бітеді. Сондай-ақ, 6–7-ші шағын аудандағы көпқабатты үйлердің түсіп қалған 2120 шаршы метр қасбетін жөндеу жұмысы аяқталды, – дейді Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов.

Бұл жұмыс мұнымен тоқтап қалмайды. Келесі жылы шамамен 30-ға жуық үйдің шатыры жаңаланып, Назарбаев және Жансүгіров көшелерінің бойындағы ескі үйлердің қасбеті толық жаңартылады.

Бюджет есебінен шатырларды ауыстыру, үйлердің қасбетін жаңарту ең алдымен қаланың келбетін көріктендірсе, екіншіден, тұрғындардың көңілін көтереді.

Айта кетерлігі, құрылыс жұмысымен «АЙД СТРОЙ» ЖШС айналысуда.

– Біздің компания Текелі қаласында орналасқан, 2018 жылдан бері құрылыс саласында жұмыс істеп келеміз. Талдықорған қаласындағы 28 үйдің шатырын ауыстыру жұмысына кіріскенімізге бір айдан асты. Жұмыс қарқынды және сапалы жүріп жатыр. Бүгінде Назарбаев көшесіндегі №54, №56, №58 үйлер мен Жамбыл көшесіндегі №94, №146 үйлердің құрылысы аяқталуға жақын. Ал ең үлкен нысан есебіндегі Қабылиса жырау көшесіндегі №194 үйдің 50 пайыз жұмысы бітті. Қазір 60 жұмысшымыз бар. Олар айына 350-400 мың теңге айналасында табыс табады, – дейді «АЙД СТРОЙ» ЖШС директорының орынбасары Ахметжан Көшербайұлы.

Құрылыстың қарқынын біз де көрдік. Дегенмен, жаңаның аты жаңа ғой. Көне үйлердің шатыры ауысқалы еңсесі биіктеп қалғандай көрінді. Мұндай көрініс тұрғындардың да көңілінен шығып жатқанын байқадық.

– Тұрып жатқан үйіміздің қолданысқа берілгеніне 64 жыл болыпты. Өз пәтерімді 70 жасымда сатып алып едім, биыл 86-ға келдім. Мен сияқты бірнеше қария тұрамыз. Бұрын төбеден жаңбыр өтіп, көршілердің мазасын алатын. Оны көрген балалар: «Жаңа үй әпереміз, осы үйді сатыңыз» деп талай айтты. Бірақ бұл үйден көшкім келмейді. Қиын жылдарды да, жақсы күндерді де осында өткіздік. Үйдің нашар жағдайын әкімдікке айтып едік, міне, шатырымызды жаңалап берді. Есіктің алдындағы аула қоқысқа толып жатушы еді. Жаңадан балалар ойын алаңын салып, жарқыратып қойды. Енді көрші қарттармен жайланып әңгіме айтып, қызығымызды бөлісіп тұратын боламыз, – дейді Назарбаев көшесі, №54 үйдің тұрғыны Мария Рысбекқызы.

Әрине, шатыры жаңаланған үйлердің ауласы жарқырап тұр деп айта алмаймыз. Мария апа тұратын үйдің іргесіндегі №56 үйдің Назарбаев көшесіне қараған жағы жарқырап тұр да, Қабанбай батыр көшесі жағындағы аула аузы-мұрнынан шығып, қоқысқа, ағаш жапырағына толып жатыр. Тіпті, жаңадан салынған балалар ойын алаңын жабайы өскен ағаштар қымтап алыпты. Оған қарамай ойнап жүрген балаларды көрдік. Енді қайтсін?

Әрине, қала әкімдігі және тиісті мекемелер өз міндетін орындап жатыр. Ал өздері тұрған ауланы тазартып ұстау тұрғындардың еншісіндегі дүние. Кейде осындай жауапкершілікке немкетті қарайтынымыз қынжылтады.

Қ. ОМАРАҚЫН

● ЖИЫН-ТЕРІН



НАУҚАН аяқталуға таяды

■ Қазан айының алғашқы аптасынан алқаптарына орақ салған жаркенттік жүгерішілер далалық науқанды қарашаның басында белуардан асырып, қырмандарын «дала аруының» қызыл дәніне толтырды.

Өнімділік жаман емес. Жалпы есеппен әр гектардан 70 центнерден дән жиналуда. Округтерге қарасты ауылдардың қырмандарына 163149 тоннадан аса жүгері әкелініп, жергілікті тұрғындардың қатысуымен сұрыптау, кептіру жұмыстары жүргізілуде. Қырмандарға 800 тонна жүгері дәні, 19749 тонна собығымен тасып әкелініп, соның 109800 тоннасы сатылды. Оның 87 мың тоннасы Жаркент крахмал-сірне зауытына, 22800 тоннасы жем тартатын кәсіпорындарға өткізілді. Әзірге 32800 тонна дән мен собықты жүгері шаруалардың өз қоймаларында мал азығына қалдырылды. Бұл көрсеткіш науқан толық аяқталғанға дейін тағы өсуі мүмкін.

Жаркент өңірінде қараша айының екінші жартысына дейін жалпы өсірілген 23400 гектар жүгері алқабының 23290 гектары орылып болды. Қалған 100 гектардан аса алқаптағы «дала аруының» дәні ай соңына дейін тұтас жиналмақ. Өңірдегі жүгері жинау науқаны Көктал, Пенжім, Бірлік, Шолақай, Үлкеншығаң ауылдық округтерінде қарқынды жүргізілді. «Көктал Агро» ЖШС мен «Оразбай Б.З.», «Айкерім», «Ернар» жеке шаруа қожалықтары егістігін тамшылатып суару арқылы гектар өнімділігін арттырды.

Биыл жүгерінің «Марко», «Пионер» және «Тұлпар» сұрыптарын жалпы 6620 гектар жерге өсірген Пенжім ауылдық округінің диқандары қазір астық жинауды барынша жедел атқаруда. Округтегі «Беширов», «Райысов», «Бейсебеков», «Қожамбердиев» ЖШҚ жүгері алқаптарындағы ору жұмысын аяқтап, бірнеше комбайн тасымалдаушы жүк көлігі мен тіркемелі трактор кезектегі қожалықтардың жүгерісін орып, жинауға атсалысуда. Техникалардың күндіз-түні тоқтаусыз жұмыс атқаруына бар жағдай жасалған.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

● ДАЛА ЖҰМЫСЫ

■ Жыл бойы тынымсыз еңбек еткен шаруалардың қамбасы дәнге толып, көңілі жай болды. Биылғы ауа райының қолайлылығы, оның үстіне, облыс әкімдігінің ауылшаруашылығы еңбеккерлеріне көрсеткен көмегінің нәтижесінде мол ырысқа кенелді. Келер жылы осы жетістігін төмендетіп алмауды ойлаған диқандар күздің басынан дала жұмыстарына белсене кірісті.

Күздің айы – жылға азық

Қажет АНДАС

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының 18 қараша күнгі ақпараты бойынша, аймақта 69120 гектар жерге күзгі дақыл егуді жоспарлаған. Оның ішінде 68920 гектар бидай, 200 гектар арпа себілуі керек. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 100 гектарға артық. Қазір бұл бағыттағы жұмыс толығымен орындалды. Ал сүдігер жырту бойынша 127000 гектар жер жыртылуы керек еді. Соның ішінде 15000 гектар терең сүдігер жырту, 3209 гектар тыңайтқыш енгізу жұмысы да бар. Бүгінде 122590 гектар сүдігер жыртылған. Бұл бағыттағы жұмыс 96,5 гектарға орындалып тұр.

Сүдігер жырту бойынша аудандардағы жағдайда тұрақты. Ескелді, Кербұлақ, Сарқан аудандары мен Талдықорған қаласы сүдігер жырту жұмысын 100 пайыз толық орындап тастады. Ал Ақсу, Көксу, Алакөл, Қаратал аудандарының жағдайы да қанағаттанарлық деуге болады.

Алакөл ауданының егіншілері биыл 7600 гектар күздік бидай, 9147 гектар жаздық бидай, 24023 гектар жаздық арпа, 200 гектар сұлы, 897 гектар дәндік жүгері, 16700 гектар майбұршақ, 4341 гектар күнбағыс, 542 гектар қант қызылшасын жинап, мол өнімге кенелді. Келесі жылы да осындай жетістікке жету үшін 7600 гектарға күздік дақыл егу жоспарын орындап, 13500 гектар сүдігер жырту жұмысының 80 пайызын бітірді.

Күздің айы бітіп, қылышын сүйреп қыс келгенше әлі біраз уақыт барын ескерсек, бірқатар аудандағы сүдігер жырту жоспары толық орындалатынына сенім мол.



● РУХАНИЯТ

Алаштың АҚСҰҢҚАРЫ

■ Биыл қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ғажайып ақын Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толып отыр. Осыған орай ақын атындағы облыстық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» атты конференция өтті.

Қазақстанның қоғамдық тарихы мен әдебиетінде абыройлы орын алатын ұлы бабаның өмірі мен шығармашылығын дәріптеуді мақсат тұтқан рухани шара көңіл көкжиегін кеңейткендей болды.
Ел үшін білім, өнер жолында тер төккен кешегілердің қай-қайсысы да үлкен құрметке лайық. Солардың қатарында «тар жол, тайғақ кешу» ұғымын бастан өткерген, елінің әдеби қорына жақұт жырлары мен қайталанбас кесек туындыларын ұсынған Сәкеннің алар орны бір төбе. Мұны рухани шара барысында «Сәкеннің қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі» тақырыбында ой толғаған Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы музейдің директоры, сәкентанушы Марат Әбсеметовтың толымды баяндамасынан аңдасақ, әріптесіміз, белгілі өлкетанушы Қажет Андас «С. Сейфуллин мен І. Жансүгіровтің рухани сабақтастығы» атты баяндама жасап, қос алыптың ел руханияты мен азаттығы, елдігі мен тарихы үшін қатар қызмет етіп, олардың туырлықты ел үшін тынбай тер төккені, бір мақсатта күн кешкені туралы толғады.

Кесек-кесек туындылар мен өз сымбатындай сырлы да айшықты өлеңдері, мақала мен әдеби шығармалары арқылы елінің жүрегінде қалған Сәкен ақынды ұлықтауға арналған жиын барысында Талдықорған қаласы мектептерінің оқушылары ерекше көзге түсті. Олар дарынды тұлғаның мөлдір жырларын нақышына келтіріп орындаса, рухани шарада тебіренген мейман дар сөз алып, ұлы тұлға туралы жүрекжарды лебіздерін арнады.

АРДА БИ

● БРИФИНГ

■ Көксу ауданы аграрлы аймақ болғандықтан биыл ауылшаруашылығы дақылдары 31,4 мың гектарға себілген. Қазір жүгері мен қант қызылшасынан басқа барлық дақылдың жинау науқаны аяқталған. Бұл туралы аудан әкімі Дәулет Халелов тілшілермен болған баспасөз мәслихатында айтты.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Аудан бойынша 178 шаруа қожалығы 2337 гектар қант қызылшасын сепкен. 143 шаруа өнімді жинау жұмысымен айналысуда. Бүгінде аудан бойынша 2186 гектар жиналып, 117,5 мың тонна өнім алынған. Көксу қант зауыты бүгінге дейін 210,7 мың тонна өнім қабылдаған.

– Шаруалардың ала жаздайғы еңбегі далада қалмайды. Қант зауыты штаттық режимде өнім қабылдап жатыр. Тәтті түбірді өткізу жұмысын тікелей қадағалап отырмыз. Шаруалар үшін алаңдауға негіз жоқ. Жоспар бойынша 2589 гектарға күздік дақыл себу жұмыстары басталды. 8000 гектардың 7200 гектарына сүдігер көтерілді. Ауылшаруашылық саласының жұмысы жүйелі атқарылуда. Жалпы, ауданда 1 ірі, 2 орта кәсіпорын тұрақты жұмыс істейді. Көксу қант зауыты биыл 11,8 млрд. теңгеге 37,1 мың тонна қант өндірсе, майбұршақ өңдейтін «Уызмайиндастри» зауыты 10,7 млрд. теңгеге 37,9 мың тонна өнім шығарды. «Строитель» ЖШС 1,1 млрд. теңгеге 40,6 мың тонна құрылыс материалдарын өндірді. Бұл өндірістер аудан халқын жұмыспен тұрақты қамтуға көмектесіп келеді, – дейді аудан басшысы.

Қазір Көксу ауданында құрылыс қарқынды. Дәулет Кенжеханұлының айтуынша, 60 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысы басталып, қыркүйек айында екінші 60 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысына қаражат бөлінген. Енді аудан халқы жайлы баспанаға ие болатын күн де алыс емес. Қазіргі таңда Балпық би ауылында жоспарланған 30 үйдің 13-і, Жарлыөзек ауылында жоспарланған 10 үйдің төртеуі аяқталып, Мұқыры ауылында 10 үйдің құрылысы жүргізілуде.

Аудан бойынша 34 елді мекеннің 13-і газдандырылған. Көгілдір отынға 27,9 мың адам қол жеткізді.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша Жарлыөзек, Мұқыры, Мұсабек, Айнабұлақ, Көкбастау ауылдарының көшелеріне жарық шамдары орнатылды. Нәтижесінде аудан бойынша 603 көшенің жарық шамдары іске қосылды. Жоба бойынша үнемделген қаражат есебінен Мұқаншы ауылдық округінің елді мекендерінің жолдарына орташа жөндеу жүргізілуде.

Е. БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

● КҮРЕТАМЫР

ТІЛДІ ҚОРҒАУ – ҰЛТТЫ САҚТАУ



■ Тіл сарайында облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тілде сапалы қызмет көрсетудің маңызы» атты семинар-тренинг өтті. Оған облыстық кәсіпкерлер палатасы мен халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлері, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Жетісу облыстық және қалалық филиалдарының өкілдері, Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің студенттері қатысты.

Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес оның сапасын арттыру және кәсіпкерлік салада қолданыс аясын кеңейту мақсатында ұйымдастырылған жиынды облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Айдос Есжанов жүргізді.

Семинар жұмысына І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек Иманғазинов, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушы-дәріскері, филология ғылымдарының кандидаты Гүлнар Сырлыбаева спикер ретінде шақырылды.

Шара барысында Мұратбек Иманғазинов дамыған елдердегі тіл мәселесінің жайынан мысалдар келтіріп, ауқымды баяндама жасады. Сондай-ақ, ана тілді қорғау арқылы көп дүниеге қол жеткізуге болатыны жөнінде баса айтып өтті. Мұндай жиындардың өткізіліп тұруы керек деген пікір білдірді.

Семинардың пікіралмасу кезеңінде сөз алған облыстық қоғамдық даму басқармасы тілдерді дамыту және ономастикалық жұмыс бөлімінің басшысы Туғанай Рахымберлина мен облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының басшысы Жеңіс Жолдыбаев өңірде тіл саясатын іске асыру саласы және мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталып, студенттер тарапынан түскен сұбелі сұрақтарға жүйелі жауап берді.

Қатысушылар танымдық шарадан тағылымды ой түйіп, ризашылықтарын білдіріп қайтты.

Еркін ҒАПУ,
облыстық қоғамдық даму басқармасы тілдерді дамыту және ономастикалық жұмыс бөлімінің бас маманы

● ӨЗЕКТІ

■ Әрбір ата-ана бауыр еті баласының болашағы жарқын болуын, саламатты ғұмыр кешуін тілейді. Алайда жазмыштың сынағы алдыңнан тосып тұруы да мүмкін. Оңдай сынаққа тап келген жан тауын шақпай, табанды күреске түскені жөн. Бүгінде аутизм және басқа да менталды ауытқулары бар балаларды оңалтып, қатарға қосу жұмысы жүйелі жолға қойылып келеді. Ашылғанына 1 жылдан асқан облыстағы аутизм орталығында тәрбиеленген бүлдіршіндер ішінде 5 бала мектепке барып, қатарластарымен бірге білім алып жатқаны сөзіміздің айғағы.



ЖАНЫНЫҢ ТАУЫП ҚАЛАУЫН...

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Иә, өткен жылы мамыр айының соңында салтанатты түрде ашылған «Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ қарасты Аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар балаларға арналған күндізгі болу орталығы бүгінге дейін біраз баланы қатарға қосқан. Алды мектепке барса, кейбірі балабақшаларда балдан тәтті сәттерін бастан өткеруде.

Жалпы 125 орынды орталықта барлық жағдай жасалған. Орталықтың тыныстіршілігімен танысу мақсатында мұндағы кабинеттерді аралап, оңалту процесіндегі балаларды көріп қайттық.

Стандартқа сәйкес орталықта әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, психологиялық, педагогикалық, еңбек, мәдени, экономикалық және әлеуметтік-құқықтық қызмет түрлері ұсынылады. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйым бекітілген кестеге сәйкес балалар ұзақтығы 4,5 сағат болатын екі ауысым бойынша қызмет етеді.

– Балам Аман Мадияр, қазір 10 жаста. Дүниеге ерекше бала болып келді. Дамуына бастапқыда өзім күш салғаныммен аутизм орталығы ашылғаннан бері мамандарға жүгінуді жөн санадық. Бұл орталық баланың дамуы мен қоғамға қосылуына үлкен себебін тигізіп жатқанын перзентімнің мінез-құлқынан, өзі қатарлы балалармен араласып, тіл табыса алатын күйге жеткеніне қарап айта аламын. Әр баланың қоғамға қосылуы ата-ана үшін арман десек, сол күнге жетуімізге септігін тигізіп жатқан мұндағы әрбір тәрбиеші, мамандарға аналық алғысымды білдіремін, – дейді 4 баланың анасы Айнұр Кенжебекова.

Шындығында, психолог, логопед, дефектолог кабинеттері, жеке және топтық сабақтарға арналған АВА кабинеттері, конференц-зал, музыка, арт-терапия, оқу-әдістемелік бөлмесі қарастырылған орталықтағы балаларда оң нәтиже байқалады. Алғашында жан қалауын орындауға енжарлық танытып, үркесоқтаған балалар уақыт өте бейімделіп, қабілетіне қарай орталықтағы оңалту шараларына белсенділік таныта бастаған. Мәселен, Айару есімді бүлдіршін о баста кесте тігуден қашқақтаған екен. Қазір тәлімгерімен бірге көрсетілген нұсқа бойынша кесте тігуге асығады. Ал ақ қағазды шимайлауды ғана білген Әлинұр түсті бояуларды пайдаланып сурет салуды меңгеріпті.

Медициналық блок бойынша психиатр, невропатолог, педиатр, галотерапия кабинеті (тұзды шахта), БАК терапия, медициналық кабинет, массаж, емдік дене шынықтыру залы қарастырылған орталықта, сонымен бірге қыш, тігін, ағаш шеберханалары, робототехника және LEGO кабинеті, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау кабинеттері бар.

Қазіргі уақытта 109 қызметкер жұмыс істейді.

– Орталық қызметінің мақсаты аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар балаларға туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдай жасайтын және басқа азаматтармен қоғам өміріне қатысуға тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешенін ұсыну, – деп өз кезегінде мақсат-міндетті түсіндіріп өткен орталық директорының орынбасары Гүлназ Әуелбекова мекемеге 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар қабылданатынын да атап өтті. Сонымен қатар, орталықта аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалармен нәтижелі жұмыс істеу үшін халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, жаңа мамандықтар мұғалімдері жұмыс істейтінін атаусыз қалдырмады.

– Оңалту іс-шараларын алу кезінде әлеуметтік қызмет алушыларды бейімдеу негізінен сәтті өтуде, өйткені орталықта қолайлы, мейірімді атмосфера қалыптасқан. Мамандардың білікті жұмысы, балаларға деген сүйіспеншілігі, ақпарат алмасу өзара көмек көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта орталыққа 124 бала келеді, – дейді Г. Нұртасқызы.

БАЛДАЙ ТӘТТІ – балтамыр



Нан бар жерде қант та болу керек. Бұл екеуін бөлежара қарауға болмайды. Ал оны шығаратын шикізат Жетісу мен Жамбыл облыстарында өсіріледі. Оған оңтүстік аймақтардың табиғи жағдайы ерекше оң әсерін тигізеді.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Сондықтан Жетісудың мақтанышына айналған қант қызылшасын өсіріп, өндіру жұмыстарының тамырына қайта қан жүгіріп, жандана түсуде. Бүгінде шаруалар жаз бойы өсіргендерін дер кезінде жинап алу қамымен бел жазбай алқаптарда жүр. Биылғы ауа райының қолайлылығы да өнім берекесін тасытуға септігін тигізгендей. Соның ішінде басты дақыл саналатын қант қызылшасы да бар. Аудан диқандары оны уақытылы теріп алуды аяқтауға таяп келеді.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы мамандарының берген мәліметіне сүйенсек, жалпы биыл аймақ бойынша 597 шаруа қожалығы балтамыр тұқымын еккен. Нәтижесінде бағалы дақыл себілген барлық алқап көлемі 13,7 мың гектарды құрап отыр. Аталған көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда, 5,5 мың гектарға жоғары. Яғни, былтыр бұл дақыл небары 8,2 мың гектар жерге себіліпті.

Жетісу жерінде қай кезде де балтамырдың қадірін қашырмай, алқап көлемін мүмкіндігінше қысқартпай, өнімділікпен өсіріп келе жатқан іргелі шаруашылықтар да бар. Солардың бірқатарына тоқталып өтсек. Мысалы, қант қызылшасын 100 гектардан жоғары егіс алқаптарына еккен шаруашылықтарды мақтанышпен айтуға болады.

Олар Ақсу ауданындағы «Аюхан» ШҚ – 156 гектар, «Жаныс - К» ШҚ – 120 гектар, Алакөлдегі «Болат Груп ЛТД» ЖШС – 275 гектар, «Самет Агро» ШҚ – 118 гектар, «Ақтұма» ШҚ – 110 гектар. Ал Ескелді ауданындағы «Хильниченко» ШҚ – 407 гектар жерге тәтті түбір тұқымын егіп, күз берекесін тасытуда. Сондай-ақ, «Дүйсембинов А» ШҚ – 190 гектар, Альянс и Ко» ЖШС – 159 гектар. Қаратал ауданындағы «Текелі АгроСервис» ЖШС – 150 гектар, «Гладиус Қаратал» ЖШС – 100 гектарды құрайды. Кербұлақ ауданындағы «Қызылшоқы» ЖШС-да 500 гектар алқапқа тәтті түбір өсіріп, өнімділікті арттыруға үлес қосса, Абыхан» ШҚ – 100 гектарға қызылшаны жайқалтты. Көксу ауданындағы «Кең дала» ШҚ – 150 гектар, «Балпық» ЖШС – 133 гектар, «Қыдырәлі» ШҚ – 105 гектар, «Алим Таяр-2» ШҚ – 100 гектар жерге қант қызылшасын көбейтті. Бұл дақылдың алқабын ұлғайтуда сарқандықтар да көп үлес қосып, 200 гектардан асырды. Мәселен, «Мұхамади» ШҚ – 280 гектар, «Әбілқасымов» ШҚ – 220 гектар, «Мұқанов К» ШҚ – 200 гектар жерге сепсе, «Самал» ШҚ – 170 гектар, «АРМ» ШҚ – 111 гектарға өсірді.

Айта кетейік, қант қызылшасының алқабы ауылшаруашылығы тауар өндірушілерінің дәндік жүгері, сұлы, тары, қарақұмық, үрмебұршақ секілді дәнді және дәнді бұршақты дақылдардың егістік көлемін азайту есебінен ұлғайып отыр. Мысалы, өткен жылы дәндік жүгеріге арналған егістік алқабы 57,0 мың гектарды құраса, биыл ол 41,1 мың гектарға қысқарды. Қазіргі кезде қант қызылшасының 11,9 мың гектары немесе 86,8 пайызы қазылып, 564 мың тонна өнім алынды. Әр гектардан орта есеппен 474 центнерден балтамыр жиналуда. Ал былтыр гектар өнімділігі 457,0 центнерден айналған болатын.

Қазіргі таңда бұл дақылды жинау жұмысы Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ және Сарқан аудандарында жалғасып жатыр. Қант зауыттары бекітілген кестеге сәйкес күнделікті 5 мың тонна немесе күн сайын орта есеппен 250 автокөлік қызылша қабылдауда. (Ақсу қант зауыты – 3 мың тонна, Көксу қант зауыты – 2 мың тонна). Осы уақытқа дейін шаруалар қант зауыттарына барлығы 451,2 мың тонна өнім жеткізді десек, оның 213,6 мың тоннасы Көксу қант, 237,6 мың тоннасы Ақсу қант зауыттарына, оның сыртында Жамбыл облысынан Ақсу қант зауытына 29,0 мың тонна тәтті түбір әкелінген.

Ақсу қант зауытына Ақсу, Алакөл және Сарқан аудандарымен бірге Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу аудандары және Талдықорған қаласынан барлығы 67 шаруа қожалығы 34,2 мың тонна қызылша өткізді. Мәселен, Ескелді ауданынан – 18 ШҚ 17 050 тонна, Қаратал – 25 ШҚ 5 855 тонна, Кербұлақ – 4 ШҚ 1 280 тонна, Көксу – 18 ШҚ 9 172 тонна, Талдықорған қаласынан – 2 ШҚ 820 тонна балтамыр тасылды.

Қазылған қант қызылшасының 105,7 мың тоннасы шаруашылықтардың егістік алқабында буртта жинақталған. Қалған 1,8 мың гектардан 76 мың тонна қызылша жиналады. Жалпы облыс бойынша өнім 640 мың тонна жеткізіледі деген жоспар бар. Қант қызылшасын қабылдау жөніндегі облыстық жедел штаб отырысы күнделікті жүргізіліп, тұрақты бақылауда.

ӨНІМ ЖЕРДЕ ҚАЛМАЙДЫ

Самат НАДИРБАЕВ, Ақсу қант зауытының директоры

– Бүгінгі күні Ақсу қант зауыты қазанның 22-сіне дейін күніне 300 машинадай өнім қабылдады. Одан кейін кагат алаңының толуына байланысты күніне 160-170 машина кіргізілген. Өнім төгетін алаң бірден босамайды. Себебі оның орнын тазалау жұмыстары тағы бар. Сол сәтте біраз шаруалар кезек күтіп қалады. 25 қазаннан бері Жамбыл облысынан қызылша қабылдау тоқтатылды. Қазір өз өңіріміздің өнімін зауыт тұрақты қабылдап жатыр. Күніне 5 мың тонна қант қызылшасы қабылдануда. Тәтті түбір тиеген 250-260 автокөлік зауытқа кіріп жатыр. Бұл үлкен еңбекті талап етеді. Зауыт тұрақты штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Зауыт шегарасындағы ұзын сонар кезек те азайып қалды. Шаруаларға алаңдауға негіз жоқ. Өнім жерде қалмайды. Еңбек желге ұшпайды. Әрбір шаруаның өнімін қабылдаймыз. Біздің тараптан барлық жағдай жасалады.

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ерекше сыйы

Жетісулықтар үшін қант қызылшасы таусылмайтын әңгіме. Биыл да Талдықорған – Алматы автожолының бойында қызылшаны толтыра тиеп алып кезек күткен көліктер легі пайда болғанына айдан асып барады. Басы Көксу қант зауытының қызылша қабылдайтын таразысының алдынан, соңы Бақтыбай ауылына дейінгі жолдың екі жағы иін тірескен көлік. Балпық би ауылының ішкі көшелеріне де қатар-қатар тізілген жүк көліктері толып қалған. Бұл көлік қатынасына, жүргіншілердің ары-бері өтуіне, тұрғын үй иелерінің қалыпты тіршілігіне кедергі келтіруде. Бірнеше күн кезекте тұрып жүйкесі сыр берген қызылша тасушылардың да өкпе-назы шаш етектен.

Қажет АНДАС

Осы жағдайды білу үшін «Көксу қант» зауытына бас сұқтық. Жауапты мамандар өздерінің күні-түні бір тынбай қант қызылшасын қабылдап жатқанын алға тартып, шарасыздығын білдірді. Олардың айтуынша, «Көксу қант» зауыты 15 қыркүйектен бастап қант қызылшасын қабылдауды бастапты. Бүгінде 5 (БУМ) машинасы, 3 таразы жұмыс істеп тұр. Қызылшаны қабылдау, өңдеу, тағы да басқа науқандық жұмысқа 470 адам тартылған. Өкінішке қарай, қант қызылшасын қабылдау алаңының (кагат) толып кетуіне байланысты күніне 80-100 жүк көлігін ғана қабылдау мүмкін болып тұр. Соның өзінде 2000 тоннадан аса қант қызылшасы зауытқа кіргізіліп жатыр.

Расында, зауыт алаңында үйілген қызылша сіресіп тұр. Оны өңдеу жұмысы да тынымсыз жүргізіліп жатқанын көрдік. Ал жол бойында жүздеген көлік кезек күтіп тұр. Оның арасында бұл жағдайға төзімділік танытқандары да, өкпереніші ішіне сыймай жүргендері де кездесті. Оның үстіне орайын тапса көліктің жанармайын құйып алып, қосымша бөлшектерін шешіп алып кетуді ойластыратын сұқ көз де жоқ дей алмаймыз. Жүргізушілер арасында кезекке таласып қалатын жағдай да болып тұрады. Сондықтан Көксу аудандық әкімдігі қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында зауыт аумағына полиция департаментімен бірлесіп тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырыпты.

Тазалықты сақтау мақсатында әр жерге қоқыс жәшіктерін қойып, жуынып-шайынатын, басқа да қажеттілігін өтейтін уақытша құрылғылар орнатыпты. Бұл жағынан шағымданған адамды кездестірмедік. Тек жүргізушілер арасында ұзын сонар кезекке наразылар кездесті.

– Қаратал ауданының Кәлпе ауылынан келдім. Кезек күтіп тұрғанымызға 5 күн болды. Бұл жағдай көлігі өзінен, өз қызылшасын тасып жүргендерге аса сезіле қоймаған шығар. Біз сияқты біреудің көлігін жүргізіп, екіншісімен қызылша тасып жүргендерге ауыр тиіп тұр. Бір рет келіп қайтқанымызға 25 мың теңге төленеді. Міне, әкелген қызылшаны өткізе алмай кезекте тұрғанымызға 5 тәулік болды. Күніне 60-70 көлік қабылдайды. Алдымда әлі 100-ге жуық көлік тұр. Демек әлі бір-екі күн күтуім керек. Сарылып күн батырып, ұйқысыз таң атырғанымызды айтпағанның өзінде күнделікті шығынның өзі де қалтамызға жеңіл тиіп тұрған жоқ, – деп мұң шақты Қаратал ауданының тұрғыны Қанафия Қали.

Кезекте тұрған жүргізушілердің әрбірінің мұңы осы. Арасында қуаттылығы жоғары қант зауытын салудың қажеттілігін, болмаса «Көксу қант» зауытының қабылдау мүмкіндігін ұлғайту керектігін ұсыныс ретінде айта баруды тапсырғандары да болды.

Кезекте тұрғандардың жағдайынан хабардар Көксу ауданының еріктілері күнде түскі уақытта жүргізушілерге ыстық шай мен жаңа піскен бауырсақ таратуды қолға алыпты.

– Көксу ауданындағы 10 ауылдық округтің жастары күн сайын екі ауылдан кезектесіп, түскі ас уақытында жүргізушілерге ыстық шай, тәтті бауырсақ таратуға келіскенбіз. Бүгін Балпық би және Мұқыры ауылдық округінің жастарына кезек келді. Жастардың осындай ісін қуана қабылдағандар көп. Алғысын айтып, батасын беріп жатады, – дейді Балпық би ауылдық округі жастар ісінің басқарушысы Зуляль Мадатова.

Ұзын сонар кезекте тұрған әр көліктің есігін қағып, ыстық шайын ибамен құйып, бауырсағын қуана ұсынып жүрген Хәкім Берікбол, Таңнұр Капура есімді жас еріктілерді кездестіріп, біз де алғыс айттық.

Көксу ауданы әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, бүгінгі күнде 209000 тонна қант қызылшасы «Көксу қант» зауытына өткізілген. Әлі де қызылшасы қазылып жатқан, қазуды күтіп отырған шаруа қожалықтары бар. Сондықтан биылғы мол өнімді ысырапсыз жинап алсақ деген қызылшашылардың да уайымы басым.



Соңы. Басы 1-бетте



ҚЫЗЫЛША ҚАБЫЛДАУ ҚЫЗҒАН СӘТ

Қуаттылығы жылына 200 мың тонна болатын зауыттың басшысы биыл 250 мың тонна өнім қабылдауға шешім қабылданғанын жеткізді. Оған себеп – дақылдың молдығы. Қазірдің өзінде өндіріс орны 200 мың тонна қант өндіріп отыр. Осынша өнім тек Қазақстанның аумағына таралады. Шетелге шығарылмайды.

Қазір зауытта 460 адам еңбек етуде. Жұмыстың алғашқы сатысы қабылдау пунктінен басталады. Бұл жерде ескі және жаңа техникалар баршылық. Біздің көзге сонадайдан ыстық көрінген – шынжыр табанды «Қазақстан» тракторына жалғанған заманауи қызылша қабылдайтын қондырғы. Павлодар қаласындағы зауытта 1968-86 жылдары ғана шығарылған осы трактордың әлі күнге кәдеге жарап тұрғаны бір қуантса, сандық технология дамыған дәуірде ескіні пайдалану бір күйіндірді. Айтпақшы, зауыт басшысы Алтынбек Абатов 2025 жылы өндіріс орнының қайта жаңғырудан өтетінін жеткізді. Сонда 2026 жылдан бастап зауыт қуаттылығы жылына 500 тоннаға жетпек. Сол уақытта көненің көзі «Қазақстан» тракторы мұражайдан орын табар, бәлки. Сол қондырғыға тіркемесімен «КамАЗ» көлігі дақыл түсірмек болған. Бақсақ, бірнеше күн жаңбыр мен қарда тұрған өнім мұзбен бір-біріне жабысып, оңай түспесін аңғартты. Шопыр тиелген қызылшаны сүйменмен соққылап, көлік тіркемесінен әрең түсірді. Бұл да қазіргі тәтті түбір төңірегіндегі мәселенің жайын суреттейді.

Зауыттың негізгі миссиясы – қант өндіру. Оның сапалы не сапасыз болуы дақылға байланысты. Ал сол дақылдың құрамы зауыт зертханасында зерделенеді. Аға зертханашы Алесия Маурер ұнтақтаушы құрылғыдан шыққан қызылшаның бөлшегінен сироп алып, оның құрамын зерттейді. Сиропты түрлі қоспада сынамалайды. Биылғы өнімнің құнары жоғары екенін аға зертханашы алға тартты. 1987 жылдан бастап зауыттың ыстық-суығына төзген Ләйлә Дәулетова басқаратын қондырғы тәтті түбірден алынған сиропты қантқа айналдырады. Айтуынша, сапалы өнімге сапалы дақыл сеп.

Зауыт аумағына дақыл болып келіп, қант болып шығатын соңғы нүкте – өлшеу, қаптау және жинақтау бөлімі. 40 жылдан бері табан ауыстырмай еңбек етіп келе жатқан Айжан Әкімтаева жүргізетін қондырғы күніге 25 келілік 800-900 қапты қантқа толтырады. Ал мұндай қондырғының төртеуі үздіксіз жұмыс жүргізуде.

Байқағанымыз, зауыт құрылғыларының дені ескірген. Дейтұрғанмен, әлі де кәдеге жарауда. Жамап-жасқап жұмыс істеп тұрған зауыттың ахуалы мен жағдайын бажайлаған жергілікті атқарушы билік Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауды жаңа зауыт ашудан бастаса деген ой ми қатпарында қылаң берді. Биыл диқандар 13,7 мың гектарға дән сепсе, келер жылы тәтті түбір жинайтын алқап көлемі артады. Жоспар сондай.

Айтпақшы, биылғы қант қызылшасының кептелісіне өңірдегі өндіріс орындарының Жамбыл облысынан өнім қабылдауы әсер еткен. Жақынына көмек қолын созған жақсы. Бірақ, «Алдымен өзіңді жарылқа» дегендей өз жоғымызды түгендеу қажет-ақ еді. Өз өнімміміз сыймай жатқанда, өзгеден қабылдауға түрткі болған жай да ескеріліп, атқарушы билік мәселенің қайдан және қалай шыққанын таразылап, зерделеуі тиіс.

Дәл осы қарбалас келер жылы қайталанбас үшін осыған жауапты сала мамандары ерте көктемнен қамданса, күзгі науқанда елең-алаң күйге түспесі анық.

Биыл аймақ бойынша
597
шаруа қожалығы қант қызылшасын еккен

Барлық алқап көлемі
13,7 мың гектар
2023 жылмен салыстырғанда 5,5 мың гектарға жоғары

Қант зауыттары бекітілген кестеге сәйкес күнделікті
5 мың тонна
немесе күн сайын орта есеппен
250 автокөлік
қызылша қабылдауда.

Осы уақытқа дейін қант зауыттарына
451,2 мың
тонна өнім жеткізілген
213,6 мың тонна Көксу, 237,6 мың тонна Ақсу қант зауыттары қабылдады

3 желтоқсан,
сейсенбі,
2024 жыл
№135 (19418)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● ЖАЙДАРМАН



Қаратал ауданындағы Ескелді би ауылында блокты-модульды Мәдениет үйі мен спорт кешені ашылды. Шараға аудан әкімі Ұлан Досымбеков, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов қатысып, тұрғындарды қуанышымен құттықтады.

ЕСКЕЛДІДЕ ЕКІ НЫСАН АШЫЛДЫ

Айдар ҚАЛИЕВ

Қос нысанның салтанатты ашылуында аудан әкімі:

– Ескелді би ауылы әдемі ғимараттармен, ұрпаққа берер тағылымы мол мәдениет ордасымен толыға түсті. Мәдени ордадан білімді, өнерлі жастар, спорт кешенінен ел абыройын асқақтататын саңлақтар шығарына сенімім мол. Тура осындай ғимарат Жаңаталап ауылында салынып жатыр. Оны жыл соңына дейін қолданысқа береміз. Былтыр 3 ауылда спорт кешені салынды, келер жылы да осындай ғимарат салуды жоспарлап отырмыз, – деді.

Өз кезегінде Қуаныш Сұлтанұлы: *«Облыс әкімінің қолдауымен аймағымыздағы шалғай ауылдарда блокты-модульды нысандар салынуда. Ескелді би ауылында бой көтерген мәдени ошақта кітапхана, би үйірмесі залы бар. Енді жастар бос уақытын текке өткізбей, мәдени ордада өнерлерін шыңдайды»,* – деп ақжарма тілегін ақтарды.

Осыдан кейін Мәдениет үйі мен спорт кешенінің лентасы қиылып, келген қонақтар жаңа нысандардың ішін аралады.

«QazDamu Construstion» ЖШС салған ғимараттың жалпы ауданы 800 шаршы метрді құрайды. Заман талабына сай салынған нысанда 150 орынды көрермен залы, кітапхана, білікті мамандарға арналған кабинеттер бар. Жалпы ғимарат клуб қызметкерлеріне қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Алдағы уақытта 18 тұрақты жұмыс орны ашылатын болады.

Құрылысын «Эснаф» ЖШС жүргізген 2 қабаттан тұратын дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жалпы ауданы 800 шаршы метр. Енді ауыл балалары күрес, волейбол, баскетбол, шахмат, тоғызқұмалақ спорт түрлерінен үйірмеге қатыса алады. Сондай-ақ, 12 тұрақты жұмыс орны ашылады. Ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалануға, спортқа құштар балаларды тәрбиелеуге барлық мүмкіндік бар.

Шара барысында ауыл өнерпаздары көрермендерге әннен шашу шашты. Береке-бірлігі жарасқан өңірдегі жайдарман жаңалық көпшіліктің рухани әлемін кеңейте түсетіні сөзсіз.

Қаратал ауданы





Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

● МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Өнім мол, көмек жеткілікті

Жетісулықтар биыл қант қызылшасынан мол өнім алды. Оны «Көксу қант» зауытының айналасындағы қызу тірлік бір дәлелдесе, егіс алқаптарындағы жанталас жұмыс нақтылай түседі. Көксу ауданының Мұқыры ауылына қарасты «Жалайыр» шаруа қожалығының қызылшашыларымен кездескенде осы ойымызға көз жеткізе түстік.

Қажет АНДАС

– Биыл аудандағы 172 шаруа қожалығы 2337 гектар қант қызылшасын екті. Қыркүйек айының 15 жұлдызынан бастап өнім жинап, қант зауытына өткізу жұмысы басталды. Міне, содан бері күзгі науқандық жұмыс бір тынған жоқ. Бүгінгі күнде аудан қызылшашылары «Көксу қант» зауытына 89 мың тонна, «Ақсу қант» зауытына 9 мың тонна өнім өткізді. Қазылып, арнайы жерге жиналған 33 мың тонна қант қызылшасын зауытқа тасу жұмысы жүргізілуде. Науқандық жұмыстың соңына жетіп қалдық. Енді 16 шаруа қожалығының 92 гектар жерге себілген қант қызылшасын жинап бітсек, ойлаған жоспар толығымен аяқталады. Ауданда қант қызылшасын жинайтын 31 комбайн бар, оның 20-сы тіркемелі, қалғаны өздігінен жүріп, қазып, тиейтін техника. Техника жағынан қиындық жоқ. Алдағы бір апта көлемінде жұмыс толығымен аяқталады. Қазіргі есеп бойынша гектар түсімі 560-600 тонна айналасында болып тұр, – дейді Көксу аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Данияр Белижанов.

Биылға қант қызылшасы өнімінің мол болуына облыстық әкімдік тарапынан көрсетілген көмекті ерекше атап айтуға болады. Әсіресе, лизингпен техника сатып алған шаруашылықтардың қатары арта түскен. Соның бірі «Жалайыр» шаруа қожалығы. Қуатты техниканың арқасында өздеріне тиесілі 23 гектар жердің қызылшасын жинап, зауытқа өткізіп үлгерген шаруашылық енді басқа шаруа қожалықтарының жұмысына көмектесіп жүр.

– Шаруашылығымыз құрылғалы 10 жылдан асты. Қазір 200 гектардан астам суармалы жеріміз бар. 2018 жылдан бастап лизингпен техника алып, шаруашылық жұмысын кемелдендіре түстік. Қолымызда егін шаруашылығына қолданылатын барлық техника толық. Биыл 72 млн. теңгеге қант қызылшасын жинайтын 1 комбайн, жер жыртатын 1 трактор және соқа алдық. Лизингпен техника алу шаруашылыққа өте тиімді. Оның 50 пайызы үкімет тарапынан субсидияланады. Келесі жылы 50 гектар жерге қант қызылшасын себуді жоспарлап отырмыз. Сондықтан алдағы уақытта да лизингпен керекті техника сатып алуды ойластырып жүрмін, – дейді «Жалайыр» шаруа қожалығының жетекшісі Мақсат Абдырахманов.

Қант қызылшасының егіс алқабы артып, өнім көлемі артқан сайын ауыл тұрғындарына да жұмыс көбейген. Көктемгі егіс жұмысынан бастап күзгі егін жинау науқаны аяқталғанға дейін егіс басынан нәпақасын айыратын диқандар қатары көбейген.

– 2000 жылдан бері ауылшаруашылығы жұмысына атсалысып нәпақа тауып келеміз. Биыл ауылдастардың дені қант қызылшасына жұмыс істеп жүр. Ауылдас әйелдер бірігіп, топ құрғанбыз. Комбайнның артында қалған масақтарды жинап, күніне 7-8 мың теңге қаржы табамыз. Жұмыс таңғы 9-дан кеш батқанша жалғасады, – дейді Мұқыры ауылының тұрғыны Рысқан Жабықбаева.

Рысқанның тобындағы барлық жұмыскердің де көңілі көтеріңкі. Үйреншікті жұмыс оларды жалықтырмайды. Қайта алдағы күндерге деген сенімін үкілеп, ұмтылдыра түседі.

Мұқыры ауылы,
Көксу ауданы

● БӘРЕКЕЛДІ!

Кеңарал көгілдір отынға қосылды

Көксу ауданына қарасты Кеңарал ауылы табиғи газға қосылды. Жергілікті халық осындай тарихи сәттің куәсі болды.

Салтанатты шараға барып, тұрғындарды қуанышымен құттықтаған аудан әкімі Дәулет Хәлелов:

– Кеңарал биыл газға қосылған 9-шы ауыл. Жыл соңына дейін 14 елді мекен көгілдір отынға қол жеткізеді. Аудан табиғи газға қосу мәселесі бойынша кестеден қалмай тұр, – дей келе жиналған көпшілікке ақжарма ниетін білдірді.

Өз кезегінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Азамат Бейісбаев: *«Қарапайым халыққа ең алдымен жылу, таза су керек. Осыған орай өңірге газ тартылды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылға дейін 126 елді мекен газбен қамтылады. Қазір Талдықорған – Үшарал бағытындағы магистральды газ құрылысы басталды»,* – деп облыста атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Жиын барысында ақжаулықты әжелер ауылға келген газды жағып, шашу шашты. Ауылдың құрметті ақсақалдары батасын беріп, жылы лебізін білдірді.

Үйіне алғашқылардың бірі болып көгілдір отын қосқан Фарида Жамалқан:

– Ауылымызда үлкен қуаныш болып жатыр. Біз заманауи ауылдың қатарына кірдік. Көгілдір отынға қосылған тұрғындардың көңілі шат. Енді баяғыдай күл шығармаймыз. Бұрын көмір тасып, ағаш кесетінбіз, – деп көмек қолын созып көгілдір отынды үйіне кіргізіп берген облыс, аудан басшылығына алғыс жаудырды.

Айта кетейік, облыс бойынша 51 аймақ көгілдір отынмен қамтылған. Жыл соңына дейін тағы 12 ауыл табиғи газға қосылмақ.

А. НАЗАРҰЛЫ

● БАСПАСӨЗ – 2025

«Jetisý» газетінің 2025 жылдың бірінші жарты жылдығындағы «Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	6483,60	6483,60	12967,20	12967,20
Заңды тұлғалар үшін (мемлекеттік сатып алу портал арқылы)	15469	10737,36	-	21474,72	-
Зейнеткерлер үшін	35469	4140,00	4140,00	8280,00	8280,00
Жалпы жеке жазылу	65469	4593,60	4593,60	9187,20	9187,20

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз. Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	5400	10800
2.	Зейнеткерлер үшін	3000	6000
3.	Жалпы жеке жазылу	3700	7400

● БАСПАСӨЗ – 2025

«Jetisý»-дың электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады. Электронды форматтағы(PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	5000	10000
2.	Зейнеткерлер үшін	2500	5000
3.	Жалпы жеке жазылу	3100	6200

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: 8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87474106909.

21 желтоқсан,
сенбі,
2024 жыл
№141 (19424)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

● БРИФИНГ



ӨРКЕНДІ ӨҢІР ТЫНЫСЫ

Елорда төріндегі Орталық коммуникация қызметі алаңында Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші таныстырылды. Әуелі жылдағы дәстүр бойынша облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ аграрлы аймақтың жетістігін айтып, атқарылып жатқан игілікті істерге тоқталып, түйінді мәселелерді де тілге тиек етті. Жыл айналып келген жүздесудің екінші кезеңінде ақпарат алаңындағы журналистер қауымының қойған сауалдарына жан-жақты жауап берді. Телеарналардан, әлеуметтік желі парақшаларынан тікелей таратылып, миллиондаған көрерменді қамтыған облыс әкімінің брифингінде Жетісу өңірінің тыныс-тіршілігінен тартып, түйткілді дүниелер, қант зауыттарының жұмысы, кадр тапшылығы, білім, денсаулық, жол құрылысы, туризм салалары мен тұрғын үй мәселесі бойынша елуге жуық сауал қойылды.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

Жердің жаннаты саналған Жетісу өлкесін мекендеген халықтың дені ауылшаруашылығымен тірлік жалғаған. Егін салып, малмен жан баққан жұрттың ырысы мен тынысы осы қос салаға тікелей байланысты. Бұл ретте Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы мен алдағы жоспарлары туралы қысқаша таныстырып өткен Бейбіт Өксікбайұлы биыл 11 айда негізгі индикаторлар бойынша жоспар артығымен орындалғанын, қысқамерзімді экономикалық индикатор 112,3 пайызды құрағанын тілге тиек етті.

Облыс әкімінің айтуынша, ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, тұрғын үйді пайдалануға беру, құрылыс жұмыстарында өсім жоғары. Ал өңір бойынша сауда көлемі 1,3 есеге ұлғайған. Жыл басынан бері облыс экономикасына 38% өсіммен 396 млрд. теңге инвестиция тартылса, оның ішінде жеке инвестициялар көлемі 291 млрд. теңгеге жеткен. Жалпы мемлекеттік бюджетке 286 млрд. теңге түссе, жергілікті бюджет 1,6 пайызға өскен.

Жері манатты Жетісу аграрлы аймақ болғандықтан бірінші кезекте ауылшаруашылығын дамыту мен өңдеу саласына баса назар аударылатыны анық. Бұл туралы айрықша атап өткен аймақ басшысы биыл облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 35 млрд. теңге бағытталғанын, оның 23,3 млрд. теңгесі (66,6%) субсидия екенін де атаусыз қалдырмады.

Ырысы шалқыған өңірдің тынысы да қалыпты. Айталық, облыс бойынша ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алқаптары 510 мың гектарды құраса, мұнан 872 мың тонна дәнді, 195 мың тонна майлы, 266 мың тонна көкөніс-бақша дақылдары, 132 мың тонна картоп өндірілген.

Өз кезегінде өзекті тақырыпқа айналған қант зауыттары мен қант қызылшасы туралы толғаған Бейбіт Өксікбайұлы Ақсу қант зауыты толық жөндеуден өтіп, пайдалануға берілгенін жеткізді. Жылдағыдан қант қызылшасын себетін жер көлемі 1,7 есе жоғары болғандықтан биылғы өнім де сол нәтижеде еселенгенін атады. Жалпы, рекордтық көрсеткішке жеткен облысымызда тәтті түбір алқабының көлемі 13,7 мың гектарға жетсе, бұл кең алқаптан 635 мың тонна өнім жиналды. Сонымен қатар, Ақсу қант зауытына Жамбыл облысынан қосымша 100 мың тонна қант қызылшасы қабылданған.

КӨРСЕТКІШТЕР ҚОМАҚТЫ

Жетісу өңірі тұрғындарының 60 пайыздан астамы жер еміп, төрт түлікпен тірлік жалғап жүргені ақиқат. Бұл орайда жұмақ мекендегі түлік басы артып, мал шаруашылығы жақсы қарқынмен дамып келеді. Мал басының барлық түрлері мен ет, сүт өндірісінің өсімі қамтамасыз етілген аймақта төрт түліктің саны 2,5 млн. басқа жеткен.

– Облыста жаңа суармалы жерлерді көбейту үшін ирригациялық желілерді қайта жаңарту мақсатында биыл 35,6 млрд. теңгеге су шаруашылығының 11 объектісінің құрылысы жүргізілуде, оның төртеуі аяқталды. Қалған объектілер алдағы жылы пайдалануға беріледі

Мемлекет басшысының Жолдауында көрсетілгендей, біз еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдауымыз қажет. Осыған орай облыс құрылған күннен бастап 43 жаңа өндіріс іске қосылып, жұмыс істеп тұрған 9 өндіріс кеңейтілді, нәтижесінде мыңнан астам адам жаңа жұмыс орнымен қамтылды. Сонымен қатар, тоқтап тұрған күнбағыс майын өңдейтін «Агрокомплекс Жетісу Мажико» зауыты жұмысын қайта бастаса, Талдықорғанда өнеркәсіптік аккумуляторлар өндіретін «Asma Industrial» заманауи зауыты іске қосылды, – деп атап өткен облыс әкімі қазір облыста цемент, аккумулятор батареялары, керамика плиткаларын шығару жолға қойылып, құрамажем, күн панельдерінің өндірісі қарқын алғанын атады.


(Соңы 2 -бетте)

● ГАЗДАНДЫРУ

Абайға көгілдір отын келді

Тұрғындарды көгілдір отынмен қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс Ескелді ауданында қарқынды жүруде. Бүгін Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты Абай ауылы көгілдір отынға қосылып, жұрт қуанышы еселенді. Салтанатты шараға аудан әкімі Елдос Ахметов қатысып, ауыл тұрғындарын қуанышымен құттықтады.

Қажет АНДАС


Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы мамандарының айтуынша, Ескелді ауданындағы 33 елді мекеннің 21-і газдандыруға жатады. Бүгінгі таңда Алдабергенов, Қарабұлақ, Оркусақ, Екпінді, Сырымбет, Матай Байысов, Бақтыбай, Елтай, Жаңалық, Өтенай, Ешкіөлмес, Жетісу ауылдары табиғи газға қосылды. Сөйтіп 34 мың адам немесе 9573 абонент көгілдір отынға қол жеткізді.

– Міне, бүгін Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты Абай ауылын табиғи газға қосып жатырмыз. Сонымен Ескелді ауданындағы 13-ші ауыл көгілдір отынға қол жеткізбек. Ал көп өтпей Көкжазық, Теректі, Қаратал, Шымыр, Жастар, Ақтасты ауылдарына газ желісін тарту жұмысы аяқталмақ. Сондай-ақ, Қайнарлы және Жалғызағаш елді мекендерін келесі жылы газбен жабдықтау жұмысын жүргізу жоспарлануда, – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Азамат Бейісбаев.

Ауылға табиғи газ жеткені тұрғындардың қуанышын еселей түскенін көрдік. Жалпы, Абай ауылында 325 аула, 9 көше, 1127 тұрғын тұрады. Көшелерге газ желісі орнатылыпты. Ал тұрғын үйлерді табиғи газға қосуды үй иелері өздері белгілейді. Ауылдағы алғашқы газ көп балалы ана Жұмагүл Әбілқасымованың үйіне кірді.

– Бүгін ерекше қуаныштымын. Үйімізге көгілдір отынмен бірге жылылық та енгендей болды. Қайта-қайта сұйытылған газ тасып әбден жалығып едік. Енді одан қолымыз босайтын болды. Ауылдастардың отын жағып, күл тасудың да қиындығынан құтылатын күні жақын. Осындай жылылыққа кенелдірген басшыларға, ауылға газ желісін тартқан мердігер компанияның өкілдеріне алғысым мол, – дейді кейуана.

Айта кетерлігі, облыстық басқарма өкілдері Қайнарлы ауылына газ желісін тарту бойынша қыркүйек айында мердігер ұйыммен шарт жасалып, Жалғызағаш ауылы бойынша қарастырылған жоба мемлекеттік сараптамаға жіберілгенін жеткізді. Осы жобалар толық жүзеге асқанда аудандағы 21 елді мекен толық газдандырылады.

Ескелді ауданы

● ӨЗЕКТІ

ИГЕРІЛМЕГЕН ЖЕР мемлекетке қайтарылады

Жалпы елде жалға алушы ауылшаруашылығы тауар өндірушілерінің нысаналы мақсатқа сай пайдаланбайтын жер учаскелерін алып қою бойынша ауқымды жұмыс жүргізіліп жатқаны белгілі.

Фермерлер мен шаруа қожалықтарынан жерді негізсіз алып қою фактілеріне жол бермеу мақсатында облыстық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» өңірлік палатасы өкілдерін жергілікті атқарушы органдардың арнайы комиссиясының құрамына енгізуге бастамашылық жасады. Бұл мәселе өңірлік палата жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысында талқыланды.

Облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары Думан Керімбаевтің сөзінше, бүгінгі таңда облыс соттарында ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне құқық белгілейтін құжаттарды жарамсыз деп тану туралы жергілікті атқарушы органының екі талабы қаралып жатқан көрінеді.

Егер сот талқылауы барысында жер учаскелері конкурстық рәсімнен тыс жалға берілгені, сондай-ақ жалға алушылардың жерді игермейтіні немесе нысаналы мақсатына сай пайдаланбайтыны анықталса, онда мұндай жер мемлекет пайдасына алынады. Сонымен бірге, уақытша пайдалануға берілген учаскелерді адал игеретін кәсіпкерлердің құқықтары қорғалуы тиіс. Осыған байланысты арнайы комиссия жер заңнамасын бұза отырып, ауылшаруашылығын жүргізу үшін жер учаскелері берілген адал шаруалардың мәселелерін шешу жөнінде нақты ұсыныстар әзірлейтін болады.

Осы мәселені талқылауды аяқтай отырып, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңес төрағасы Баниямин Файзулин арнайы комиссия мемлекеттік мүдделер мен адал фермерлердің құқықтарын қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтауы керек деген ой түйді. Жерді алып қою туралы шешімдер бизнес мүдделерін кемсітуге жол бермей, заңнама шеңберінде қатаң түрде қабылдануға тиіс. Отырыс қорытындысына сәйкес кеңес арнайы комиссияға мемлекеттік органдар мен жалға алушыларға жер заңнамасын сақтау және келешектегі бұзушылықтарды жою жөнінде нақты ұсынымдар әзірлеуді, жерді негізсіз алып қоюдың алдын алу үшін комиссия жұмысының тиімділігіне және сот шешімдеріне жүйелі мониторинг жүргізу қажеттігін белгілеу ұсынылды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ